ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІЛ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

# ҚАЗАҚ СӨЗДІГІ

*Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі*

АЛМАТЫ
2013

ӘОЖ 811.512.122(038)
КБЖ 81.2 Каз-4я2
Қ17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды*

**Қазақ сөздігі** *(Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігінің)*

Бас редакция алқасы:
**М. Құл-Мұхаммед** - з.ғ.д., проф., төраға, **Ш.Құрманбайұлы** - ф.ғ.д., проф., төраға орынбасары,
**Ә.Қайдар** - ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф., **Р.Сыздық** - ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф.,
**М.Малбақов** - ф.ғ.д., проф., **Т.Жанұзақ** - ф.ғ.д., проф., **Н.Уәли** - ф.ғ.д., проф.,
**Р.Шойбеков** - ф.ғ.д., проф., **А.Фазылжанова** - ф.ғ.к.

Жалпы редакциясын басқарғандар:
**Нұргелді УӘЛИ, Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, Мырзаберген МАЛБАҚОВ**

Сөздікті құрастырушылар:
**Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков, Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, А.Жаңабекова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, А.Үдербаев**

**Қазақ сөздігі** *(Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)* / Құраст.: **Н.Уәли,**
Қ17 **Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков** және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.

ISBN 978–601–217–426–7

Жаңа сөз, жаңа ұғым атауларымен толыққан, 106 000 сөзден тұратын біртомдық қазақ тілінің үлкен түсіндірме «Қазақ сөздігі» – қалың жұртшылықтың тіл мәдениетін арттыратын, тілтанымдық білімдерін жетілдіретін құрал. Мұнда сөздер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріліп, сол сөз негізінде қалыптасқан тіркестердің мағыналары да көрсетілді. Сөздікте қазақ тілінің сөздік қорындағы, сонымен бірге ғылым мен техниканың, заманауи технологиялардың дамуымен байланысты туындап жатқан жаңа ұғымдарды білдіретін терминдер мен атаулар да кеңінен енгізілді.

Сөздік көпшілік қауымға – ғылым, білім, оқу-ағарту, баспасөз саласы мамандарына, оқушы жастарға, ана тілін терең білуге, қазақ тілін үйренуге талпынған барша оқырманға арналды.

ӘОЖ 811.512.122(038)
КБЖ 81.2 Каз-4я2

© Тіл комитеті, 2013
© Тіл білімі институты, 2013
© Құраст.: Н.Уәли, Р.Шойбеков, Қ.Күдеринова және т.б.

ISBN 978–601–217–426–7

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының**
**Президенті – Елбасы**

## Ұлттың ұлы қазынасы

Қазақ тілі – ұлтымыздың ұлы қазынасы. Тіл – ұлттың жаны ғана емес, онымен бірге өсіп, өркендеп отыратын сарқылмас байлығы. Сондықтан қазақтардың әр буыны ана тілімізді жаңа заманда дүниеге келген жаңаша атаулармен толықтырып, сөздік қорды еселеп отырған.

Осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын жарық көрген онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» 66,9 мың атау сөз бен 24 мың сөз тіркесі енгізілсе, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған біртомдық бірегей басылым – «Қазақ сөздігінде» 106 мың атау сөз бен 48,3 мың сөз тіркесі, барлығы 154,3 мыңнан астам лексикалық бірлік қамтылған.

Бұл тәуелсіздік жағдайында еліміздің экономикасы, әл-ауқаты ғана емес, барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы – мемлекеттік тілдің де мейлінше өскендігінің айқын дәлелі.

Қазақ тілі – ата-бабаларымыздан жеткен ең асыл мұра. Оны ғылым мен техниканың, білім мен ақпараттық технологияның ең соңғы жетістіктері негізінде пайда болған терминдермен байытып, түрлендіріп отыру – бүгінгі ұрпақтың абзал борышы. Жаңа сөздіктен мен осындай кейінгіге үлгі боларлық озық үрдісті байқадым.

Тіл – ұлтпен бірге жасап, толассыз толығып отыратын құбылыс. Қолдарыңызға ұстап отырған «Қазақ сөздігі» – біздің мемлекеттік тіліміздің түркі тілдер тобындағы ең бай тіл екендігін айғақтайтын бірегей басылым.

Сөздікті құрастырушы барша ғалымдарды, бүкіл тіл мамандарын осы зор табыстарымен құттықтап, оның қалың оқырман қауымның игілігіне айналуын тілеймін.

## АЛҒЫ СӨЗ

Сөздік түзу ісі отандық және әлемдік дәстүрлерге, сондай-ақ, теориялық зерттеулерге сүйенетіні мәлім. Сөздік жасаудың тарихы, теориясы және тәжірибесі (практикасы) өзара бірлікте қарастырылатын, бірінсіз бірі болмайтын, бірімен-бірі өте тығыз байланысты, біріне-бірі тәуелді салалар болып табылды. Осындай іргелі салалардан қалыптасқан лексикография ғылымы сөздіктер арасындағы дәстүрлі сабақтастықты, бір сөздіктің екінші сөздікке әсер ету сипатын, сөздіктегі тілдік ақпарды пайдалану мен оны беру тәсілдерін жетілдірудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Түсіндірме сөздіктер адамзат тарихының әрқилы кезеңдерінде, әртүрлі мақсат-мүдделерге сай, алуан түрлі жүйе мен құрылымда жасалып келгені белгілі. Мәдениет үлгілері ертерек хатқа түсіп, жазба дәстүрі үздіксіз дамып келе жатқан елдерде бұл сала – халықтық білім мен біліктің шежіресі іспеттес рухани дүниеге айналғаны мәлім. Сонау байырғы замандарда белгілі бір жүйе бойынша топталып, нақты ұғымдарды білдіретін нышандардан, белгілерден, сөздерден жасалған шағын тізімдер мен кәсіби сөздікшелерден бастау алған сөздік түзу ісі – шын мәнінде адамзаттың даму жолын айғақтайтын рухани мәдениеттің жазба шежіресін жасау болды. Тарихта болып өткен алуан түрлі өркениет үлгілерінің өзіндік ерекшеліктері сөздікшілердің «көз майымен», «жүрек майымен» түзген түсіндірме сөздіктерден байқалады.

Тілдік даму барысында қоғамдық және тілдік түрткіжайттардың әсерінен сөздердің бір тобы ескіріп, екінші бір тобы жаңадан пайда болып жатады. Соның нәтижесінде бір тілдің тарихындағы түрлі дәуір, кезеңдер аралығында тілдік өзгешеліктердің орын алары сөзсіз. Түсіндірме сөздіктердің кейбір арнаулы түрлері осындай өзгешеліктерді түсіндіру мақсатымен жасалады. XII ғасырда түркі тілдерінің тарихи салыстырма сөздігін жасаған ғұлама ғалым *Махмұд Қашқаридің* сөздігі («Диуани лұғат-ат-түркі») осындай бағыттағы сөздіктің ең алғашқы жарқын үлгісі деп бағаланады. Сондай-ақ М.Қашқари бас болып, араб жазулы ислам лексикографиясына еңбек сіңірген түркі текті ғалымдардың аз болмағаны белгілі.

Бүгінгі таңдағы ғылымға белгілі ортағасырлық парсы түсіндірме сөздіктерінің ұзын саны екі жүзге жетіп отыр. Еуропа тілдеріндегі алғашқы түсіндірме сөздіктер де осы тәрізді кірме немесе ескірген лексиканы түсіндіру мақсатында жасалған екен. Мәселен, бастапқыда ағылшын тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі тілдегі мағынасы қиын сөздерге түсінік беруден басталған. Осы келтірілген мысалдардан ерте кезеңдегі түсіндірме сөздіктердің көбі кірме лексика мен ескірген лексиканы түсіндіруге қызмет еткенін байқауға болады.

Сөздіктердің түр-түрін құрау, олардың ақпараттық мазмұнын жетілдіре түсу ұлттық жазба дәстүрімен байланысты болатыны белгілі. Ал тілдік нормаларға аса зор әсер ететін факторлардың бірі – жазу, жазба тіл. Себебі жазудың ортақтығы мәдениет ортақтығына әкеледі. Орта ғасырлардан бастап өлкемізде араб тіліндегі араб жазулы діни әдебиеттің, араб және парсы тілдеріндегі араб, араб негізді парсы жазулы қисса, дастандардың, өзге де көркем дүниелердің кең таралуы, ол шығармалардың ортаазиялық жазба түркі тіліндегі аудармаларының, қайтадан жырланған нұсқаларының болуы – бір кездердегі арабы-парсы-түркінің мәдени-тарихи қарым-қатынаста болғанын айғақтайтын тілдік ауыс-түйістікке әсерін аз тигізген жоқ. Бұндай мәдени-рухани байланыс тілдік нормалардың бір түрі – жазба әдеби нормаға да ықпалын тигізгені сөзсіз. Жоғарыда сөз болған жайттар сол кезеңдердегі өзіндік ерекшеліктері бар жазба әдеби норманың қалыптасуына жағдай жасады. «Құтадғу білік» тәрізді көптеген әдеби, шежірелік шығармалар дүниеге келді. Арабы-парсы-түркіні бірдей меңгерген ғұламалар мен шежірешілердің, жыраулар мен жыршылардың, ақындар мен жазушылардың өз кездеріндегі жазба әдеби норманың канондарын ұстанғаны дау тудырмайды.

Ортағасырлық жазба түркі тілінің әдеби дәстүрі, «Ортағасырлық түркі тілінің элементтері», «кітаби тіл элементтері» ретінде шежірешілердің тарихи еңбектерінде, мерзімді баспасөз беттерінде, ресми іскағаздар тілінде, жыраулар мен жыршылардың, шайырлардың жыр-дастан, қиссаларында,

«кітаби ақындар» тілінде, сөздіктердің бірқатарында *(И.Лаптев, И.Букин, Қ.Кемеңгеров,* т.б. сөздіктері) жалғасып келгендігі, демек, тілімізде қолданыста бар құбылыс болғандығы белгілі.

Ортағасырлық түркі лексикографиясында, ортағасырлық араб жазулы сөздіктерде, сондай-ақ кейінгі түркі тілдерінің лексикографиясында, соның ішінде қазақ лексикографиясында да белгілі бір дәрежеде бұрынғы дәстүр сабақтастығы жалғасып келді. XVIII ғасырдан бастап Ресейге тәуелді болып, оның құрамына кіре бастаған қазақ еліндегі ғылым мен білім енді басқа арнада – Ресейдің ғылым-білімі арнасында дами бастады. Сөздіктер қазақша-орысша, орысша-қазақша аударма, терминологиялық сөздіктер түрінде жасала бастады. Бұл араб жазулы қазақ лексикографиясындағы орта ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан дәстүр сабақтастығына нұқсан келтірді. Аталған кезеңдегі қазақ тіліне қатысты сөздіктердің басым көпшілігі орысша-қазақша тіл үйрену, аударма жасау қажеттілігін өтеуге арналып, сол дәуірдегі патшалық Ресей әкімшілігі мен Кеңес үкіметінің ұстанған тіл саясатына сәйкес келетін прагматикалық мақсат-мүдделерге сай жасалды.

Ол, әрине, сол кездегі саяси жағдайға байланысты еді. Бұл туралы қазақ тілінің онтомдық түсіндірме сөздігінің жалпы редакциясын басқарған профессор *А.Ысқақов* былай деп жазады: «Ертеректе (революциядан бұрын да, кейін де) араб, латын әріптерімен жарияланған әдебиеттен (кітап, журнал, газет, т.т.), сондай-ақ, қазіргі әріппен шыққан кейбір әртүрлі себептермен қолайсыз танылған әдебиеттен де мысалдар тіпті алынған жоқ».

Қазақ мәдениетіне зор үлес қосқан *Шәкәрім, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов* т.б. арыстардың еңбектеріндегі сөз қазынасы 1935-45 жылдары жасала басталып, Кеңес үкіметі кезіндегі белгілі саяси жағдайларға байланысты аяқталмай қалған түсіндірме сөздікке де; акад. *І.Кеңесбаевтың* редакциялауымен шыққан екітомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» де (1-том. Алматы, 1959; 2-том. 1961); проф. А.Ысқақовтың басқаруымен жасалған онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» де (1974-1986 жж.) алынбағаны белгілі. Өйткені сол кездегі идеологиялық цензуралық қысымдар мен тыйымдар сөздікшілердің қалам қарымын шектеп қойды. Дегенмен, осыған қарамастан, онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» барлық қоғамдық ғылымдар саласындағы, бүкіл қазақ мәдениетіндегі зор табыс болды. Қазақ лексикографиясы тарихында бұл еңбек көптомдық түсіндірме сөздік жасаудың негізі болып қаланды десек, артық айтқандық болмас. Сөздіктің жалпы редакциясын басқарған проф. *А.Ысқақовтың* зор еңбек сіңіргені анық. Сонымен қатар қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін түзу ісіне едәуір сөздікші ғалымдардың еңбегі сіңді. Бұл тұрғыда, әсіресе, онтомдыққа бастан-аяқ қатысқан, оның көпшілігіне жауапты редактор болған ф.ғ.д., проф. *Б.Қалиевтің,* барлық томдарды құрастыруға атсалысқан *А.Иманбаевтың*, *Т.Жанұзақовтың, Б.Қайымованың, З.Машабаеваның, Ә.Болғанбаевтың* қосқан үлестері мол болды.

Осындай ірі лексикографиялық еңбектің жасалғанына ширек ғасырдай уақыт өткеннен кейін, өткен кезеңдегі тілде болған өзгерістер мен қазіргі тіліміздегі жиі қолданылатын лексиканың жай-күйін байыптау үшін жалпақ жұртшылықтың қолдануына қолайлы түсіндірме сөздіктің ықшам түрін түзу қажет болды. Сол себепті 1999 жылы *Т.Жанұзақовтың* жалпы редакциясымен біртомдық «Қазақ тілінің сөздігі» жарыққа шықты. Сөздіктің алғы сөзінде әдеби тілдің бүгінгі лексикалық нормасын көрсету мақсаты аталады. *Т.Жанұзақов* бұл еңбекте күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын сөздермен қатар XV-XVIII ғасырлардағы әдеби тіл үлгілерінде кездесетін сөздер мен фразалық тіркестердің де, тілдің лексикалық байлығын еселей түсуге мүмкіндігі бар жергілікті тіл ерекшеліктері де, тілдің әдеби нормасына сай келетін жаңа қолданыстар да берілетінін жазады. Сөздікті пайдаланушыларға қажетті мағлұматтар берілетін бөліктегі сөздіктің құрылысы туралы тақырыпшадан осы сөздіктің басқа түсіндірме сөздіктерден өзгеше бір жаңалығын байқауға болады. Ол – лексикаланған күрделі сөздер мен терминдердің, тұрақты есім тіркестердің фразалық тіркестер құрамынан шығарылып, фразеологизмдерден бұрын, арнаулы белгімен (ұзынша тік төрт бұрыш) берілуі еді. *Т.Жанұзақов* өзінің күрделі сөздерді лексикографиялауға қатысты сонау 1970 жылдарда айтқан ойын осы еңбекте белгілі бір дәрежеде жүзеге асырып отыр деуге болады. Еңбекте сөз мағыналарын ашуда төрт түрлі тәсілдің (сипаттама түрде түсіндіру, синонимдік тәсіл, көмекші есімдер мен көмекші етістіктердің, етістің кейбір түрлерінің, шылау сөздер мен одағайлардың табиғатын ашуда пайдаланылатын грамматикалық түсіндірме және аралас анықтама беру) қолданылатындығы сөз болады. Еңбектегі аралас анықтамалардың сипаттама анықтама мен синонимдік анықтаманың біріктірілуі арқылы жасалатыны айтылады.

Проф. Т.Жанұзақовтың жалпы редакциясымен шығарған біртомдық **«Қазақ тілінің сөздігінде»** (Алматы, «Дайк-Пресс», 1999 ж.) 50 000-ға жуық сөз бен сөзтіркесі берілді.

Қазақ тілінің бұл аталған түсіндірме сөздіктері *жалпытілдік, лингвоцентристік* тұрғыдан түзілді.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты, Советтік дәуірде тыйым салынған рухани-мұралардың жариялануына әсіресе ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы кеңінен жол ашты. ҚР Мәдениет министрлігінің тікелей қолдауымен «Мәдени мұра» аясында *Н.Уәлидің* жалпы редакциясымен 2011 жылы жарық көрген онбес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» жаңаша *лингвокогнитивтік, лингвомәдени* бағдарды негізге алды, бұл Сөздікте лексика-фразеологиялық бірліктердің тілдік семантикасы мен этномәдени семантикасы лексикографиялық аяда үйлесімді түрде берілді. Сөздердің стильдік мағынасына бұрынғы сөздіктерге қарағанда ерекше көңіл бөлінді. Бұның өзі Сөздікті қолданушыларға қолайлы болды. Сөздік түзушілер «дұрыс/дұрыс емес» деген қатаң норманың орнына «біліп қолдануға» кеңес беретін бағдарды ұстанды. Сөздікті құрастыруға *Т.Жанұзақов, С.Бизақов, О.Нақысбек, Р.Шойбеков* т.б. тәжірбиелі сөздікшілермен қатар *Қ.Күдеринова, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, А.Үдербаев, А.Фазылжанова* сынды жас мамандар қатысты.

Қазақ лексикографиясы өзінің алдында тұрған міндеттерін абыроймен орындап келеді. Алайда қоғамдық өмірдің де, ғылымның да үздіксіз дамуда, өзгерісте болатындығы белгілі. Қазіргі әлемдік лексикографияның ғылыми деңгейі өлшеусіз өсіп отыр. Соған байланысты жалпы түсіндірме сөздікке қойылар талап та бұрынғыдан көп өзгеше. Сондықтан еліміз егемендік алып, халықаралық байланыстарға тікелей шығып отырған қазіргі кезеңде қазақ тілінің біртомдық бас сөздігін түзудің қажеттігі анық байқалып отыр.

Осыған сәйкес Институт ұжымы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында көлемі, құрамы мен құрылысы, лұғаттық мақалалары жағынан да жаңаша, тілтанымдық жаңартпалармен байытылған, стильдік белгілер мен этимологиялық ақпараттардың алуантүрлілігімен және молдығымен ерекшеленетін, мемлекеттік тілдегі заманауи жаңалықтарды мейлінше кеңінен қамтыған сөздік дайындауды қолға алды.

Институт ұжымының бұндай типтегі Сөздікті дайындап, баспаға ұсыну идеясы қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік тілдің лексика-фразеологиясын мүмкіндігінше толық қамтитын әрі көпшіліккөлды, жинақы, «портативті» біртомдық сөздігіне деген қоғамдық сұранысқа орай әзірленді. Жалпы, біртомдық сөздіктер заманның қарқынына ілесе отырып, 10-15 жылда, келе-келе бұдан да қысқа мерзім ішінде жаңартылып, қайта шығарылып отыруы қажет екені мәлім. Егер уақыттың даму қарқынына қарай мұндай сөздіктерді әрбір кезең сайын жаңалап отырмаса, олар «қартайып», заман талабынан қалып қоятыны белгілі. Сондықтан бұл Сөздік ең алдымен жаңа Қазақстанның жаңа заманғы жаңарған Сөздігі болмақ. Дәстүрлі лексикография аясында Сөздіктің лұғаттық мақалалар корпусында ұлт мәдениетіне, ұлттық танымға, халықтың дүниелік білімдеріне қатысты атауларға, сондай-ақ жаңа заманауи технологиялар мен қоғамдық-әлеуметтік басымдылыққа ие экономика, медицина, қаржы, құқық, саясат т.б. салалардағы терминдерге едәуір орын берілді.

«Қазақ сөздігін» түзу қазақ лексикографиясындағы дәстүрлі сабақтастықпен жасалды. Атап айтқанда, сөздікшілер Институттың картотека қорын кеңінен пайдаланды. Сонымен қатар *Н.Уәлидің* жалпы редакциясын басқаруымен шыққан онбес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2006-2011) негізге алынды. Сондай-ақ *А.Ысқақовтың* жалпы редакциясымен шыққан онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1986), *Т.Жанұзақтың* жалпы редакциясымен жарық көрген біртомдық «Қазақ тілі сөздігі» (1999); академик *Ә.Қайдардың* «Қазақ тіліндегі қос сөздер: Зерттеу және сөздігі» (Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013) материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар сөздіктің ресстрлік бірліктері мен лұғаттық мақалалар түзуде *Н.Әлімбайдың* ғылыми редакторлығы, жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейі шығарған «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» (1-3 том; 2011-2012 жж.); және осы музей шығарған «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог» (Алматы: Өнер, 2009); «Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Ғылыми каталог» (Алматы: «ICOS», 2012); *Р.Н.Шойбековтің* «Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі» (Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2012); *Б. Қалиевтің* «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі» (Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2012) кеңінен пайдаланылды.

Сондай-ақ *Х.Қашағанов, Ж.Бердімұратовтың* «Мал дәрігерлік түсіндірме сөздігі» (Алматы, «Қайнар», 1982); *Н.Шейітов, М.Кунаевтың* «Мұнай және газ геологиясы танымдық және кәсіптік-

технологиялық терминдерінің түсіндірме сөздігі» (Алматы, «Атамұра», 2003); *М.Ахмедовтің* «Медицина терминдерінің сөздігі» (Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005); *С.Тоқсанбайдың* «Үлкен Экономика орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, «Зияткер», 2010) *Х.Нұржановтың* «Акушерия және гинекология бойынша орысша-қазақша сөздігі» (Алматы, «Арыс», 2011); *А.Рақышевтің* «Адам анатомиясындағы халықаралық атау-терминдер» (Алматы, «Кітап», 2011) т.б. терминологиялық сөздіктердің материалдары пайдаланылды. Терминологиялық сөздіктерден, негізінен, ғылыми әдебиетте, ғылыми дискурстарда қолданылып жүрген пәнаралық, салааралық терминдер іріктеліп алынды.

Жұртшылық назарына ұсынылып отырған «**Қазақ сөздігін»** жасауға, материалын жинау, жүйелеу, лексикографиялық тезге салу, редакциялау, баспадан шығару жұмыстарына **А.Фазылжанова** (А – аллювий; картон – көңірсіту; шашыраңқырау – яшма), **А.Үдербаев** (алма – аумыт; қосынды – майқара; майқарағай – негізгі), **О.Жұбаева** (ауна – бақсыша; қаңырсы – қосын; негізде – перфоратор), **Қ.Күдеринова** (бет – бұрқырау; дуадақтай – жалпылдас; перфораторлық – сиректет), **Р.Шойбеков** (бұрлығу – гиперорексия; көп – қаңыраю; сиректеу – тәпсірлеу), **Ж.Исаева** (гиперстен – дуадақ; жүк – картометрия; тәпсірші – тікшіл) және барлық әріптер бойынша **Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Н.Уәли** қатысты.

Қорыта айтқанда, қазақ сөздік шығару ісі тарихында көлемі, құрылысы мен мазмұны жағынан жаңаша лексикографиялық еңбектердің типіне жататын **«Қазақ сөздігі»** *(Қазақ тілінің үлкен біртомдық сөздігі)* қазіргі оқырман қауымның биік талабына жауап бере алады деген сенімдеміз. Қазақ лексикографиясы тарихында алғаш рет жарық көріп отырған бұндай біртомдық үлкен Сөздік мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын құрайтын еңбектердің қатарын толықтыратын, ұлттық тілдің жүз алты мың атау сөзді (реестрлік бірлікті), жүз жетпіс тоғыз мыңнан астам мағынаны, қырық сегіз мың үш жүзден астам тіркесті сөздерді қамтыған бірегей еңбек болып саналады деп ойлаймыз.

# СӨЗДІКТІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ

## Сөздіктің құрамы

Біртомдық «Қазақ сөздігі» сөзтізбесі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының көркем әдебиеттен, публицистикалық шығармалардан, ғылыми әдебиеттен жиналған картотека қорындағы сөздердің негізінде құрастырылды. Институттың ұлттық картотека қоры Сөздіктің негізгі материалдық базасы болды. Сондай-ақ сөзтізбені құрастыру, жүйелеу барысында бұрынсоңды шыққан сөздіктер мен мерзімді баспасөзде жарық көрген материалдар да пайдаланылды.

**Сөздікке алынатын сөз түрлері.** Сөздікте – қазақ әдеби тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жұртшылыққа кеңірек тараған сөздер, тұрақты тіркестер молынан қамтылып, олардың лексикалық мағыналары түсіндірілді, грамматикалық, стильдік мағыналары көрсетілді, кейбір шеттілдік сөздерге қажетті жерінде этимологиялық анықтама берілді.

Сөздікке тарихи еңбектерде мәдени, көркем шығармаларда жиі ұшырайтын атаулар, көркем әдебиет тілінде жиірек кездесетін жергілікті сөздер мен кейбір көне сөздер, көптеген ғылымның саласына ортақ терминдер мен пәнаралық атаулар біршама қамтылды. Тұрмыстық, мәдени өмірде ерекше мәні бар кейбір жергілікті сөздер мен кәсіби атауларға ж е р г. (жергілікті), к ә с. (кәсіби) деген арнайы белгі қойылды. Сондақ-ақ көркем шығармаларда кездесетін қарапайым, тұрпайы т.б. бейәдеби элементтерге де сөздікте азды-көпті орын берілді. Қысқарған сөздердің тек дәстүрге айналған, норма ретінде танылған түрлері ғана берілді. Кейбір халық атаулары Қазақстандағы, ТМД елдеріндегі ұлт және ұлт өкілдерінің атаулары да Сөздікке енгізілді.

## Сөздіктің құрылымы

1. Сөздікке алынған сөздер әліпби тәртібімен беріледі.

2. Вариант сөздердің баспасөзде жиірек қолданылатындары, жұртшылыққа танымал болғандары ғана алынып, сөзтізбеде жеке-жеке әліпби тәртібімен берілді. Түсіндірме бір-ақ жерде, атап айтқанда, олардың басым деп танылған нұсқасына берілді. Басым емес варианттың түсіндірмесінің орнына негізгі вариант бас әріппен, қарайтылған көлбеу қаріп арқылы көрсетілді. Мысалы: **АДАТ** з а т. с ө й л. ***Әдет*; КАРТӨШКЕ** з а т. с ө й л. ***Картоп*.**

3. Омонимдер, яғни жазылуы мен айтылуы бірдей, бірақ мағынасы әр басқа сөздер цифр арқылы көрсетілді. Цифр омоним сөздің оң жақ шекесіне қойылды. Алдымен оның есім түрі, онан кейін етістік түрі берілді. Мысалы: **КЕНЖЕЛЕУ[1]** с ы н. *Кейіндеу, кештеу.* **КЕНЖЕЛЕУ[2]** *Кенжеле етістігінің қимыл атауы.*

4. Түбірдің құрамында кірігіп кеткен септік (*тігінен, ұзыннан, шалқасынан* т.б.), тәуелдік (*Елбасы, Әскербасы* т.б.), көптік (*кеміргіштер, жұптұяқтылар, тікқанаттылар* т.б.) жалғаулы бірлі-жарым сөздік бірліктер сөзтізбеге алынады. Мысалы: **ЕТБЕТІНЕН** ү с т. *Адамның бетін жерге қаратып жатқан қалпы.* **ШАЛҚАСЫНАН** ү с т. *Ту сыртымен, арқа жағымен.* **ОТБАСЫ** з а т. *Үй іші, бала-шаға, үйелмен.* **СҮТҚОРЕКТІЛЕР** з а т. з о о л. *Сүтпен қоректенетін жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар.*

## Лұғаттық мақаланың құрылымы

5. Лұғаттық мақалада тақырыпқа алынған сөздің мағынасы жан-жақты ашылып, сипаттама, түсінік берілді. Тақырыпқа алынатын сөз азатжолдан басталады, қоюлатылған бас қаріппен беріледі; грамматикалық мағынасы, яғни қай сөз табына жататыны көрсетіледі; уақыт тұрғысынан көне болса, көне (к ө н е.); территориялық тұрғыдан шектеулі болса, жергілікті (ж е р г.); стильдік қызметі шектеулі болса, кітаби (к і т.), сөйлеу (с ө й л.), эмоцианалды (э м о ц.), экспрессивті (э к с п р.), алғыс (а л ғ ы с.), қарғыс (қ а р ғ.) т.б.; қолданылу аясы шектеулі болса, лингвистикалық (л и н г в.), техникалық (т е х.), биологиялық (б и о л.), этнографизм (э т н.), т.б. белгілер қойылады.

Лұғаттық мақаланың негізгі мазмұны тақырыптық сөздің мағынасын түсіндіру болып табылады. Тақырыптық сөздің мағыналары бірнешеу болған жағдайда әр мағына араб цифрымен көрсетіледі. Белгілі бір мағынаға тән әртүрлі реңктер көлбеу қос сызық белгісі (//) арқылы ажыратылады. Мысалы: **ДАНА[2]** [ир.] с ы н. **1.** *Көпті көрген, тәжірибесі мол, оқыған-тоқығаны көп, ақылпарасатын халық, жұрт мойындаған.* **2.** *Дұрыс, терең, ақиқат.* **3.** *Әділ, тура, турашыл. // Кемеңгер, ақылды, білімді, рухани әлемі бай, ел-жұрт мойындаған тұлға.* **САПЫР**=е т. **1.** *Қымызды бабына*

*келтіру үшін, дəмін үйіру үшін ожаумен қайталап құю.* **2.** а у ы с. *Желге ұшыру, тазалау.* **3.** а у ы с. *Алай-түлей ету, астаң-кестеңін шығару.* **4.** а у ы с. *Көпіртіп асыра сөйлеу, көйіту.* **5.** а у ы с. *Қаржыны оңды-солды, есепсіз еркін жұмсау.* **6.** а у ы с. *Шешен сөз айту, өлең шығару.*

6. Сөздің мағынасына сипаттама жасалғаннан кейін сөзге қатысы бар фразеологиялық тіркестер азатжолдан беріліп, мағынасы ашылады.

**Сұлу сары.** *Мүсіні жинақы, сарысы басым қылаң ат.* **Сұлудың жанарындай тұп-тұнық.** п о э т. *Мөлдір, таза, ешкім тиіспеген, лайланбаған; пəк.*

7. Лұғаттық мақаланың басындағы тік жақшада [ ] сөздің шеттілге қатысты этимологиясы берілді. Мысалы: **ТЕОРЕМА**[грек. theorema] з а т. м а т е м. **1.** *Ақиқаттығы дəлелдеудің нəтижесінде анықталатын математикалық тұжырым.* **2.** *Қағида, ереже, заңдылық.*

8. Жан-жануар, өсімдік т.б. атаулардың терминдік мағынада белгілі бір вариантының тұрақталғанын, норма екенін айқынырақ көрсету үшін олардың латынша, грекше баламасы грамматикалық, стилистикалық белгілерден кейін сынық жақша ішінде көрсетілді. Мысалы: **АЙҒЫРҚИЯҚ** з а т. ө с. <лат. elymusgiganteus> *Қияқ туысына жататын көпжылдық, тамыр сабақты шөптесін өсімдік.* **ТӨЛТҮР** з а т. б и о л. <грек. endemos> *Жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір біршама шағын географиялық аймақта ғана кездесетін түрлері, туыстары, туыстықтары немесе басқа да таксондары, эндемиялық түр.*

### 4. Сөз мағынасын анықтаудың түрлері

9. Сөздікке алынған сөздің мағынасы əртүрлі тəсілдермен ашылуы мүмкін.

а) Сөз мағынасы сөзге қысқаша түсіндірме беру арқылы анықталды:

**АЙДАЛА** з а т. **1.** *Құла түз, елсіз дала.* **2.** *Оқшау, алыстау жер.* **КЕҢ**[1] с ы н. **1.** *Мөлшерден тыс, мол; тар емес.* **2.** *Көлемді, аумақты, үлкен.* **3.** *Ұшы-қиыры жоқ; ұшан-теңіз, шетсіз, шексіз.* **4.** а у ы с. *Кешірімді, мейірбан, қолы ашық, жомарт.*

ə) Мағынасы түсіндіріліп отырған сөздің синонимі болған жағдайда, оның түсіндірмесінен кейін мағынаға қосымша сипаттама ретінде оның синонимі беріледі: **КӨМЕК** з а т. *Қолғабыс, көрсетілетін жəрдем.*

б) Кейбір жағдайда сөз мағынасын сипаттама түрде ашу тым ұзақтау, көпсөзді болса, сөз мағынасы синонимдердің мəндес тізбегімен ашылады: **ПЫСЫҚ** с ы н. *Епті, іскер, еті тірі, ширақ.* **ТАҢЕРТЕҢГІ** с ы н. *Таңғы, азанғы*.

в) Көне, жергілікті, қарапайым, стильдік қолданылуы тым шектеулі сөздердің мағынасы əдеби тілдегі синонимдерімен ашылады: **САДЕП** з а т. ж е р г. ***Сəдеп*. ЫБЫРЫҚ** з а т. ж е р г. ***Құмыра***.

г) Термин сөздердің мағынасы ұғымдарды ашу арқылы, ал өсімдік, нəрсе, зат, құрал-жабдық атауларының мағынасы затқа, нəрсеге (денотатқа) қысқаша сипаттама жасау арқылы немесе олардың қызметін көрсету арқылы ашылды: **ТӨСЕК** з а т. **1.** *Адам жататын, тынығатын орын; кереует.* **2.** *Төсенуге, жамылуға, ұйықтауға керекті көрпе-жастық.* **ШЫТЫР** з а т. ө с. <лат. leptaleum> *Биіктігі 70 см. дейін жететін, гүлі ұсақ, шашақ тəрізді гүл шоғырына топтанған, сортаңдау далада өсетін шөптектес өсімдік.* **ҚАРЫЗГЕР** з а т. э к о н. *Мемлекеттік немесе жеке коммерциялық банктерден несие алған адам, заңды тұлға; қарыз алушы.*

10. Сөздің ауыспалы мағынасы ауыспалы (а у ы с.) деген белгімен беріледі жəне бұл өзге белгілерден (т а р., с ө й л. , к ө н е. т.б.) бұрын тұрады. Мысалы: **ЖАНДЫ**[1] с ы н. **1.** *Жаны бар, тірі. // Тірі жан, адам.* **2.** а у ы с. *Мəнді, қажетті, маңызды.*

11. Сөздің мағынасы белгілі бір шарттылыққа байлаулы болғанда, олар əртүрлі белгілер арқылы көрсетілді немесе сөз мағынасын түсіндіргенде қосымша түсіндірме ретінде берілді. Мысалы: **ТОҒЫСУ**[1] э т н. *Тоғыс*[1] *етістігінің қимыл атауы; Айдың Үркерді басып тууы [Жаздың басында Үркер аспан сферасының екінші жақ жартысына (көкжиектен төмен) кетеді де, Жер шарының солтүстік жартысындағы елдерге 40 күндей көрінбейді. Қазақтар бұл жөнінде: «Үркер 40 күн жерде жатады» деген. «Жерде жататын» кезінде Үркер Аймен 2 рет тоғысуға тиіс, бірақ олар көзге көрінбейді. Үркерді бір жаңасындағы Ай орағы жауып өткеннен кейінгі 4 апта уақыт бір тоғыс айы деп аталады. Сондай-ақ 3, 5, 7,...25 тоғыс айлары болады, бəрі де 28 күннен].*

12. Қарапайым, кітаби, эмоционалдық, экспрессивтік мағынаны көрсететін стильдік шектеулер қ а р а п., к і т., э м о ц., э к с п р. деген стильдік белгілер арқылы ажыратылады: **ШƏЛДІР** з а т. э к с п р. *Тиянақ-тұрлауы жоқ, берекесіз жан.*

13. Кейбір туынды сөздердің мағыналары өзі туындаған сөздердің мағынасынан айқын байқалып тұрған жағдайда, негізгі сөзге, түбір сөздерге сілтеме жасау тәсілі арқылы анықталды: **АБАЖУРЛЫ** с ы н. *Абажур қойылған, абажуры бар.* **АГРОХИМИЯЛЫҚ** с ы н. *Агрохимияға тән, қатысты.*

## 5. Фразеология

14. Сөздікте қазіргі әдеби тілдің фразеологиялық орамдары мен тұрақты тіркестері беріліп, мағыналары түсіндірілді.

15. Сөздікте тұрақты тіркестердің қатарында *агроөнеркәсіптік кешен, көкірек жасушасы, қималар теоремасы* т.б. тәрізді тіркесті сөздер де берілді. Мысалы: **Агроөнеркәсіптік кешен**. *Азық-түлік өнімдерін өндіруге және ауылшаруашылығы шикізаттарынан көпшіліккөлды өнеркәсіп тауарларын шығаруға бағытталған халықшаруашылығының саласы.* **Көкірек жасушасы**. а н а т. *12 пар жұп қабырға мен қабырға шеміршектері және төс сүйектері.* **Қималар теоремасы**. г е о м. *Менелей теоремасының бір аты.* Тіркесті сөздерден кейін нүкте қойылады, стильдік белгілер кіші әріппен, тік, арасы ашық етіп жазылады: **Жанартау арнасы.** г е о л. *Жанартау ошағын жер бетімен жалғастыратын тік немесе еңіс арна.*

16. Лұғаттық мақалаға (сөзтізбеге) алынған сөздің барлық мағынасы түсіндіріліп болған соң, фразеологиялық тіркестер азатжолдан сөздік мақаланың дербес бөлігі ретінде беріледі: **Жан азабы.** *Қатты қиналыс, жанға батқан дерттің күйзелісі.* **Жан азабын тартты.** *Дертті болды, қатты қиналды.*

17. Фразеологиялық тіркестердің құрамындағы бірінші сөз толық мағыналы лұғаттық мақаланың тақырыбы ретінде беріледі. Фразеологиялық тіркестер құрамындағы көмекші, шылау сөздер лұғаттық мақаланың тақырыбы ретінде алынбайды. Фразеологиялық тіркеске түсіндірме бірінші тұрған сөздер бойынша беріледі: **КӨҢІЛ** з а т. **1.** *Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар т. б.)* **2.** *Ынта, ықылас, ниет.* **3.** а у ы с. *Қиял, арман.* **4.** а у ы с. *Пейіл, ниет, ілтипат.* **Көңіл азды.** *Жадап-жүдеу мағынасында.* **Көңіл айтты [айтысты].** э т н. *Адам қайтыс болғанда, оның ағайын-туғанына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.*

18. Мағынасы күңгірт, жеке қолданылмайтын сөзден кейін қос нүкте қойылады да, одан кейін фразатіркес кіші әріппен, қарайтылған қаріп түрінде беріледі: **КӨЗҚАШТЫ: көзқашты қылды.** *Көз үйренді, үйреншікті болды.*

19. Фразеологиялық тіркестің құрамындағы белгілі бір сөзді оның мәндес, синонимдес түрімен ауыстыруға болатын жағдайда, мәндес сөз жақшаға алынады. Мысалы: **Қатал заман [күндер, уақыт, жылдар].** *Аумалы-төкпелі, сұрапыл, тұрақсыз, қиындығы, азабы көп кез, заман.* **Абыройын [сырын] айрандай төкті [шашты].** а) *Масқара қылды, беделін түсірді.* ә) п о э т. *Әйгіледі, жұрт көрмейтін ішке жасырғанын ашып берді.*

20. Белгілі бір жеке сөзге қойылатын к ө н е, к і т а б и т.б. стильдік белгілердің фразеологиялық тіркестің мағынасына қатысы болмауы мүмкін. Е с к і к і т а б и т.б. стильдік белгісі бар сөз әдеби тілде жиі, кеңінен қолданылатын фразеологизмнің құрамында кездесіп отыруы ықтимал. Фразеологиялық тіркестердің дені сөйлеу тіліне тән болғандықтан, оларға с ө й л. деген стильдік белгі қойылмайды.

## Стильдік белгілер

21. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы бірсыпыра сөздің қолдану аясы, жұмсалу саласы шектеулі болып келеді. Сөздіктегі стильдік белгілер осы ерекшеліктерді сипаттауға арналады. Сөздік құрамындағы едәуір сөздің стильдік жақтан шектеулі болуының себебі мен сипаты, негізі әр алуан. Атап айтқанда, олар:

а) әдеби тіл нормасынан тысқары жатқан, бірақ көркем әдебиет, кәсіби салада қолданылатын, территориялық, әлеуметтік жақтан шектеулі элементтер. Мысалы: **ІШКӘРА** з а т. ж е р г. *Ешкі мен қойдың күзгі төлі.*

ә) Әлеуметтік қолданысы шектеулі бейәдеби қарапайым элементтер қ а р а п. белгісі арқылы беріледі. Бұл белгі *қарапайым сөз* дегенді білдіреді. Мұндай сөздердің мазмұны төмен болады, бір нәрсе жайында баға бергенде, мағынасы тым оғаштау сезіледі. Бұлар әдеби тілдің шеткері аймағында болып, көбіне қарапайым тұрмыстық қатынаста қолданылады. Мысалы: **КӨКМОЙЫН** з а т. қ а р а п. ***Арақ***.

б) Б е й п і л. – *бейпіл сөз*. Бейпіл – қарапайым сөз немесе мағынаның әдеби нормадан тысқары екенін көрсетіп тұрады.

22. а) Белгілі бір ғылымның, техниканың саласында арнайы қолданылатын, тек сол саладағы мамандарға ғана емес, жұртшылықтың біразына таныс терминдер стильдік белгілермен беріледі. Мысалы: **АСТРОФИЗИКА** [грек. astron – жұлдыз, physike – табиғат] з а т. ғ ы л. *Аспан денелері мен жұлдызаралық материяның табиғатын, химиялық құрамын және оларда өтетін процестер-ді зерттейтін ғылым.* **ЭНТЕРОВИРУСТАР** з а т. б и о л. *Пикорна-вирустар тұқымдастығына жататын қарапайым, сыртқы қабықшасы жоқ, геномы бір жіпшелі, сызықшалы РНҚ-нан тұратын өте ұсақ, шамасы 20-30 нм, пішіндері текше тәрізді вирустар.* **ҚОЗҒАЛТҚЫШ**[1] з а т. т е х. **1.** *Механика тетігі.* **2.** <лат. motor> *Қандай бір энергия түрін механикалық жұмысқа түрлендіретін күш-қуат мәшинесі.*

Стилистикалық белгілер сөздің грамматикалық сипаттамасынан кейін:

а) сөздің мағынасын көрсететін цифрдың алдында қойылады;

ә) сөздің белгілі бір мағынасына ғана тән болған жағдайда цифрдан кейін, түсіндірменің алдында қойылады: **ИТ** з а т. **1.** з о о л. *Сүтқоректілер тобы, ит туысына жататын, қасқырға жақын асыранды үй хайуаны.* **2.** *Үй күзету, мал бағуға бейімделген асыранды үй хайуаны.* **3.** *Аң аулауға немесе аңға салуға үйретілген үй хайуаны.* **4.** э т н. *Қазақ халқында қасиетті саналатын жеті қазынаның бірі.* **5.** э в ф. *Қасқыр.* **6.** а у ы с. *Қас жау, жауыз, қаранием адам.* **7.** а у ы с. *Надан, түк көрмеген тоғышар адам.* **8.** а у ы с. *Құр бос жүрген, қолынан еш нәрсе келмейтін, ісінен сөзі көп адам.* **9.** а у ы с. *Керітартпа, көре алмайтын, біреуге ор қазғыш, қаскөй адам.* **10.** э к с п р. *Қатар-құрбы адамдардың бір-біріне немесе жасы кіші бала-шағаға, сондай-ақ басқа бір өзімсінген адамға олардың жағымсыз әрекет-қылығын кешіргенде зілсіз айтатын сөзі.* **11.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Бір адамды жақтырмағанда немесе одан әбден қорлық көріп зәрезап болғанда оған қарата айтылатын жек көру сөзі.* **12.** э к с п р. *Кейіп, ренжігенде малға қарата айтылатын сөз.* // э к с п р. б е й н. *Бір нәрсенің соңынан ит сияқты салақтап, далақтап жүгіре беретін, бір тоқтамайтын.*

23. Қазақ лексикасының әртүрлі қабаттарын к ө н е., ж а ң а деген стильдік белгілер көрсетіп тұрады: **КАТИБ** з а т. к ө н е. *Көне араб және мұсылман елдерінде құжаттар мен жазбаларды дайындаумен айналысқан мамандық иелері, көшірмеші, хат жазушы.* **АДАУАТ** з а т. к ө н е. *Жаулық, қастық, дұшпандық.* **АДВАЙЗЕР** [ағыл. adviser] з а т. ж а ң а. *Жоғары оқу орны студенттеріне жеке оқу жоспарын жасауға, оқу уақытын жоспарлауға көмектесу үшін белгіленген оқытушы, кеңесші.*

24. Қазақ лексикасының территориялық жақтан шектеулі екенін жергілікті деген белгі айқындап тұрады. Мысалы: а) ж е р г. деген белгі *жергілікті* деген сөзді білдіреді, яғни белгілі бір сөздің немесе мағынаның қазақ тілінің қайсыбір диалектісіне, говорына жататынын көрсетеді. Бұндай сөздер көбіне көркем әдебиет тілінде жиі кездеседі. Олардың дені халықтың тұрмыс-салтындағы материалдық, мәдени құндылықтарды, салт-дәстүр мен танымдық ұғымдарды білдіретін сөздер болып келеді. Белгілі бір аймақта кездесетін бұндай зат, құбылыс, уақиғалардың басым көпшілігінің дерлік әдеби тілде атауы бола бермейді. Мысалы: **ҚАС**[5] з а т. ж е р г. *Шым, шымды жер.*

25. Әдеби тілдегі сөздердің қолданылуы жағынан шектеулі екенін с ө й л е у, к і т а б и, е с к і к і т а б и т.б. стильдік белгілер байқатып тұрады:

С ө й л. деген стильдік белгі кәдімгі сөйлеу тіліне тән сөзді немесе мағынаны білдіреді. Сөйлеу тіліне тән, яғни бейресми қарым-қатынаста, емін-еркін жағдайда, ауызша түрдегі тілдесуде қолданылатын сөздердің мағыналарын аңғартып тұрады. Бұлар көбіне кітаби, бейтарап мәндегі сөздердің синонимі іспеттес болып келеді. Мысалы: **ҚАСА**[2] ү с т. с ө й л. *Нағыз, тым, өте, қас.*

К і т а б и деген стильдік белгі сөздің немесе мағынаның жазба тілге, әсіресе публицистика, ғылыми стильге тән сипатын көрсетіп тұрады. Сөйлеу тілінде олар уәжсіз қолданыла бермейді. Мысалы: **ШТРИХТІ** с ы н. к і т. *Штрих сызылған.* **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** з а т. к і т. *Шығарма тудырушылық, шығарушылық.*

Е с к і к і т. деген стильдік белгі ескі қазақ жазба тіліне тән кейбір сөздерді, мағыналарды көрсету үшін қолданылады. Бұларға әсіресе XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басындағы ескі жазба тіліне тән сипаты бар сөздер мен мағыналар жатады. Мысалы: **САРАҒЫТ** з а т. е с к і к і т. *Әділ, елден асып туған.*

Р е с м и. деген стильдік белгі ресми сөзге немесе мағынаға тәндікті көрсетеді. Мұндай белгі қойылған сөз немесе мағына әртүрлі ресми мәтінге тән сипатты, әсіресе ресми сөйлеу актісіне немесе ресми ісқағазға тән сипатты аңғартып тұрады. Мысалы: **Инспекциялық бақылау.** р е с м и. *Құзырлы мемлекеттік тексеру орындарының өздеріне қарасты мекеме, кәсіпорын, т.б. қызметін қадағалауы.*

К ө т е р і ң к і деген стильдік белгі қолданылуы біршама шектеулі, салтанатты мазмұнды білдіретін сөздерді, мағыналарды көрсету үшін қолданылады. Бұлар, негізінен, шешендік, публицистикалық, поэтикалық сипаттағы сөздерде қолданылып, ұғымға, затқа, құбылысқа, уақиғаға салтанатты үн, көтеріңкі реңк береді. Мысалы: **Тың асуларын бағындыру.** к ө т е р і ң к і. *Алға қойған жаңа міндеттерді жүзеге асыру, қиындықтарды игеру.* **ДИДАР** з а т. к ө т е р і ң к і *Жүз, келбет, түр, түс.*

П о э т. деген белгі қазіргі жазба поэтикалық мәтінге, сондай-ақ байырғы ауызша поэзия тіліне тән сөзді, мағынаны білдіру үшін қолданылады. Бұлар көбіне поэзиялық тілдің лексикалық құралы болып табылады. Мысалы: **ЖЫРАУ-ДҮНИЕ** з а т. п о э т. *Өмір, тіршілік мағынасында.* **Жырқұмарлар қоғамы.** п о э т. *Өлең-жырды сүйетіндер.* **ЖЫР-ЖАСАҚ** з а т. п о э т. *Жыр жинағы.* Ал ауызша поэзияға тән сөздер қазіргі поэзияда стилизация түрінде қолданылғанмен, өзінің ауызша поэзияға тән реңкін сақтап тұрады.

26. Стильдік белгілердің ішінде сөздің, мағынаның қоғамдық өмірдің қай саласына тән екенін көрсететін белгілер ерекше орын алады. Олар сөз бен мағынаның ғылым мен техника, өнер мен кәсіптің белгілі бір саласында қолданылатынын көрсету үшін жұмсалады. Мысалы: **СОВОЛ** з а т. х и м. *Хлорланған дифенил негізінде алынатын пластификатор; перхлорвинилді және хлорсағызды ЛБМ үшін қолданылады.* **ЖЫРЫҚ²** з а т. қ о л ө н е р. *Киімнің етегі кең, жүріп-тұруға ыңғайлы болу үшін кесіп, жырып салынатын тігіс.*

27. Сөздің эмоционалдық мағынасын көрсету үшін бірнеше белгі қойылады. Олар қ а р ғ ы с, а л ғ ы с, к е л е м е ж (ирон.), ә з і л, қ ұ р м е т т е у, м ы с қ ы л, с ү й с і н у, м е н с і н б е у деген субъективті көзқарасты білдіреді. Мысалы: **ТАНТЫҚ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Мыжып көп сөйлейтін, бос сөзге үйір, сөз соқты (адам).* **ӘКІМСЫМАҚ** с ы н. м е н с і н б е у. *Әкім сияқтанған.* **МАСҚАРА¹** з а т. *Мазақ, келемеж, ажуа.* **МАСҚАРА²** о д. т а ң ы р қ а у. *Ар-намысқа тиетін өрескел іс, ұят, сұмдық.* Сөздің эмоциялық реңкін білдіретін белгілер сөздің стильдік арнасын, саласын көрсететін белгілермен қабаттаса қойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сөздің, мағынаның стильдік «төркінін» көрсететін белгі бірінші қойылады. Мысалы: **СОРЛЫ** с ы н. қ а р а п. м е н с і н б е у.

28. Қазіргі қазақ әдеби тіл қолданысынан шығып қалған, қазіргі тілде онша танымал емес сөздерді білдіру үшін к ө н е деген белгі қойылады. К ө н е. деген белгі негізінен қазіргі әдеби тілде өте сирек кездесетін, архаизм ретінде ұғынылатын сөзге, мағынаға қойылады. Мысалы: **СЫМБАЛ¹** з а т. к ө н е. *Үлкен қып буылған тең, асыл бұйым.* **АБА²** [ар. ]. з а т. к ө н е. *Иірген жүннен қолдан тоқылған, иыққа жабатын жаға-жеңсіз жамылғы, шапан.*

Кейбір сөздерге бірнеше белгі қойылуы мүмкін. Мұндайда к ө н е. белгісі соңынан қойылады. Көне сөздерді, архаизмдерді өткен тарихи дәуірлер мен кезеңдерде қолданылған зат, құбылыс, ұғымдарды білдіретін атаулардан, мәтіндерден ажырата білу қажет. Мысалы, *найза*, *садақ, би, сұлтан, әулие …* т.б. сөздер, атаулар халыққа кеңінен танылған, өзінің мән-мағыналарын сақтағандықтан, көркем әдебиет, тарихи шығармалар тілінде жиі кездеседі. Мұндай сөздер мен мағыналарға к ө н е. деген белгі қойылмайды.

## Сөздіктегі сөздің грамматикалық сипаттамасы

Тақырыпқа алынған сөздің анықтамасы, түсіндірмесі оның грамматикалық мағынасына сәйкес болуға тиіс.

29. **Зат есімдер.** Сөздікте тақырыпқа алынатын зат есімдер атау септік тұлғаға сәйкес беріледі. Тақырыпқа алынған сөздің грамматикалық тұлғалары (көптік, септік, тәуелдік, жіктік т.б.) берілмейді.

Тек көптік тұлғада ғана қолданылатын, жекеше түрде жұмсалмайтын туынды зат есімдер сол көптік тұлғада беріледі. **ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. humenoptera> *Екі жұп қанаттары мөлдір, жарғақ болып келетін жәндіктер класының отряды.* **ҚОСМЕКЕНДІ** з а т. з о о л. <лат. amphibia> *Құрғақта да, суда да өмір сүре беретін жан-жануарлар.*

Халық, ұлт, белгілі бір өлкедегі этнос атаулары жекеше тұлғада беріледі: **ОРЫС** з а т. *Ресей Федерациясында саны жағынан ең көп тұратын тұрғылықты шығыс-славян халқы; сол халықтың өкілі.* **ТҮРІК** з а т. *Түркия Республикасының түркі тілдес негізгі тұрғын халқы, және сол халықтың өкілі.* **НЕМІС** з а т. *Германияның неміс тілді негізгі тұрғын халқы және сол халықтың өкілі.*

30. Зат есімнің көмекші есім түрлері лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, тәуелдік тұлғада беріледі және түсіндірмеде негізгі сөзге қандай мағына үстеп тұрғаны көрсетіледі.

Көмекші есімдерге негізінен мынадай сөздер жатады: *айналасы, алды, арасы, арты, асты, аяғы, басы, беті, бойы, жан-жағы, жаны, қасы, қарсысы, маңы, ортасы, соңы, сырты, төңірегі, тұсы, түбі, үсті, шеті, іші.* Мысалы: **АРТЫ** з а т. **1.** *Заттың, адамның алдына қарсы бетін, жағын білдіретін көмекші сөз.* **2.** *Соңы, жалғасы.*

31. **Сын есімдер.** Сөздікте сын есімдер түбір, туынды түбір тұлғасында беріледі. Сын есімдердің грамматикалық тұлғалары берілмейді. Шырай тұлғалы сөз сөздік мақаланың тақырыбы ретінде алынбайды.

Елді мекен, қала, мемлекет атаулары сияқты жалқы есімге сын есімнің қосымшасы жалғану арқылы жасалған *қазақстандық, оралдық, жетісулық*, т.б. тәрізді туынды сын есімдер сөздік мақалаға алынбайды.

Жалпылық, дерексіз мағынаны білдіретін зат есімнен жасалған, кейбір туынды сын есімдердің қатыстық мағыналары сол затқа қатысы арқылы ашылады. **ПАРЛАМЕНТШІЛ** с ы н. *Парламентке тәндік.* **ӨРКЕНИЕТТІ** с ы н. *Өркениетке тәндік.* **ӨКІЛЕТТІ** с ы н. *Өкілеті барлық.*

32. **Сан есімдер.** Сөздікте сан есім сөздерге с а н. деген белгі қойылады. Лұғаттық мақаланың тақырыбына сан есімнің есептік, жинақтау, реттік түрлері алынады да және сөз мағынасын анықтағанда сан есімнің қай түріне жататыны көрсетілді, сандық мағыналар ортақ формулалар бойынша ашылады. Мысалы: **ЖЕТІ**[1] с а н. ***Алтыдан** кейінгі есептік сан, 7 цифрының қазақша атауы. // Жеті жас.* **БІРІНШІ** с а н. **1.** *Реттік сандардың ең әуелгісі, бастапқысы. // Бірінші, алғашқы, бастапқы сынып, курс.* **2.** *Алғашқы, тұңғыш.* **ҮШЕУ** с а н. *Үш санының жинақтық түрі.* **БЕС-АЛТАУ** с а н. *Бес-алты санының жинақтау түрі.* **ЕКІ-ҮШ** с ы н. *Екі не үш шамалас болжалды сан.* **ҮШ-ҮШТЕН** ү с т. *Үшеу-үшеу болып, үштен топтап.*

33. **Есімдіктер.** Есімдіктер сөздікте е с і м. деген белгімен беріледі және түсіндірмеде есімдіктің қандай мағыналық тобына жататыны көрсетіледі. Мысалы: **СОЛ**[1] е с і м. **1.** *Нақ, дәл, осы деген мағынаны білдіретін сілтеу есімдігі.* **2.** *Күн, уақыт, мезгіл сөздерінен тіркесіп, дәл сол уақыт деген мағынада жұмсалады.* **СІЗ** е с і м. *Сен есімдігінің сыпайы түрі.* **БІРЕУ**[1] е с і м. *Бөтен, бөгде адам дегенді білдіретін белгісіздік есімдігі.* **МЕН** е с і м. *Бір істі орындаушы сөйлеушінің өзі екенін білдіретін жіктеу есімдігінің жекеше түрі.* **НЕ** е с і м. *Нәрсенің не екенін білдіру үшін қолданылатын сұрау есімдігі.* **ӨЗ** е с і м. *Бір нәрсені істеуші басқа біреу емес, өзі екенін білдіретін өздік есімдігі.*

34. **Етістік.** Сөздікте түбір, туынды түбір етістіктер сөздік мақаланың тақырыбы ретінде алынып, мағыналары ашылып көрсетіледі. Етістердің қай етіске жататыны түсіндірмеде байқалып тұруға тиіс. Мысалы: **ЖАҚЫНДАС=** е т. **1.** *Қатарласу, бір-біріне жақын келу.* **2.** *Арақатынастары туыстай болып кету.* **КӨРСЕТ=** е т. **1.** *Көз салдыру, көргізу, қарату.* **2.** *Білдіру, байқату, аңғарту.* **3.** а у ы с. *Жасау, істеу.* **4.** а у ы с. *Жала жабу, үстінен арыз түсіру.* **5.** а у ы с. *Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қоқан-лоқы жасау.* **ЖУЫНДЫР=** е т. *Тазалату, суға түсіру.* **БАТЫЛДАН=** е т. *Тайсалмау, өжеттену.*

Етістіктің қимыл атауы лұғаттық мақаланың тақырыбына алынады да, мағынасы түбір етістікті қимыл атауынан бөліп көрсету үлгісі бойынша ашылады. Мысалы : **ЖАЗУ** *Жаз етістігінің қимыл атауы.*

Көмекші етістіктер лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, негізгі етістікпен тіркескендегі мағынасы көрсетіледі. Мысалы: **ОТЫР**= е т. **1.** *Белгілі бір жерге жайғасу.* **2.** *Осы күйде отырып, бір іспен шұғылдану, қызмет атқару.* **3.** *Бір нәрсенің, заттың үстіне орналасу, қонақтау.* **4.** *Көлікке, мәшинеге түсу, міну.* **5**. *Бір жерге қоныс тебу, мекендеу, орналасу.* **6.** а у ы с. *Сотталу, бас бостандығынан айырылып, түрмеде болу, қамалу.* **7.** а у ы с. *Ұзақ уақыт тұрмысқа шықпау, жұмыссыз қалу сияқты белгілі бір жағымсыз күйде, жағдайда болу*. **8.** а у ы с. *Белгілі бір қызметте болу, басшылық ету*. **9.** *Толық мағыналы етістік сөздермен тіркесіп келіп, осы шақтық мағына үстейтін көмекші сөз.* **ЕКЕН** е т. *Е = көмекші етістігінің өткен шақ есімше түрі.* **ЕДІ** е т. *Е=көмекші етістігінің өткен шақ түрі.*

35. **Үстеу.** Үстеулер лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, оларға ү с т. деген грамматикалық белгі қойылады. Негізгі, түбір үстеулермен қатар қосымшалардың жалғануы, сөздің қосарлануы, бірігуі арқылы жасалған туынды үстеулер де лұғаттық мақаланың тақырыбына алынады. Мысалы: **МҮМКІНДІГІНШЕ** ү с т. *Мүмкін болғанша, бар мүмкіндікті пайдаланып.* **ҚЫСТАЙ** ү с т. *Қыс бойы, қыс өткенше.* **ЕРТЕЛІ-КЕШ** ү с т. *Күннің бір уағында, әйтеуір бір.* **БАЯУ** ү с т. **1.** *Жай, ақырын.* **2.** *Сылбыр, керенау, марқау*. **3.** а у ы с. *Жайбарақат, тыныш.*

36. **Еліктеуіш сөздер**. Еліктеуіш сөздердің барлық түрі лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, *е л.* деген грамматикалық белгі қойылады және олардың мағынасы, дыбысқа еліктеу ме, қимылға еліктеу ме, түр-түске еліктеу ме, иіске, түйсікке еліктеу ме, түсіндірмеде ашылып көрсетіледі. **ДҮРС** е л і к. *Гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* **ҚОРБАҢ** е л і к. *Ебедейсіз, келіссіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. // Қорбиған, көзге қораш.* **ЖАРҚ** е л і к. *Кенеттен ұшқын атқан, жалт еткен, шағылысқан жарықты, сәулені бейнелейтін сөз.* **Жарқ етті.** *Кенеттен жалт етті, жарық болып кетті.* **МҮҢК** е л і к. *Кенеттен шыққан жағымсыз иісті бейнелейтін сөз.* **Мүңк ете қалды.** *Жағымсыз, сасық иіс шықты.* **ТЫЗ: тыз етті.** *Бір нәрсе шым еткізді, шағып алды.* **Шым етті.** *Тітіркеніп кетті, тыз ете қалды.*

37. **Шылау сөз.** Шылаулар лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, олардың барлық түрлеріне ш ы л. деген грамматикалық белгі қойылады және түсіндірмеде шылаудың қай түріне жататыны көрсетіледі. **ЖӘНЕ** ш ы л. *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.* **АЛАЙДА** ш ы л. *Дегенмен, бірақ та, сөйтсе де, сонда да, әйткенмен.* **КЕЙІН** ш ы л. *Бір істің, бір нәрсенің (біреудің) артынан, соңынан; соң, белгілі бір уақыт, мерзім өткен соң дегенді білдіретін, негізгі сөздің шығыс септікте тұруын талап ететін көмекші сөз.*

**ҒОЙ** ш ы л. 1. *Қой демеулігінің дыбыстық түрі.*

38. **Одағай сөз**. Одағайлардың барлық түрлері лұғаттық мақаланың тақырыбына алынып, оларға о д. деген грамматикалық белгі қойылады және түсіндірмеде одағайдың қай түріне жататыны көрсетіледі. Мысалы: **БӘРЕКЕЛДІ** о д. **1.** *Біреуді мадақтау, мақтау, көңілін көтеру, рух беріп көтермелеп, қолпаштап сөйлегенде айтылатын сөз.* **2.** *Бір нәрсені құптау, мақұлдау, сүйсіну, разылық білдіру ретінде айтылатын сөз.* **3.** *Мәссаған, ал ендеше тәрізді таңдануды, таңырқауды білдіретін сөз.* **ШӨРЕ-ШӨРЕ**[1] о д. *Ешкіні қайырғанда, лағына шақырғанда айтылатын сөз.* **ЯПЫРЫМ-АЙ** о д. *Тілде өкіну, таңдану одағайы ретінде айтылатын «я, пірім-ай» деп сиынудан шыққан кіріккен сөз.*

39. **Модаль сөз.** Айтылған ойға, пікірге сөйлеушінің көзқарасын, сезімін аңғарту үшін көбіне қыстырма сөз ретінде қолданылатын сөздерге м о д. деген грамматикалық белгі қойылып, түсіндірмеде олардың модальдық мағынасы көрсетіледі. Модаль сөздерге, негізінен, мынадай сөздер жатады: *әлбетте, әрине, бәлкім, дегенмен, демек, ендеше, қысқасы, мысалы, мәселен, мүмкін, рас, расында, сөзсіз, сірә, шамасы, шынында, шіркін* т.б. тәрізді. Мысалы: **ӘЛБЕТТЕ** [ар.]. м о д. *Әрине деген мағынадағы мақұлдау, қоштау сөз.* **ӘРИНЕ** м о д. *Иә, әлбетте деген қолдау мағынадағы сөз.* **СІРӘ** м о д. *Дәу де болса, бәлкім.* **ШАМАСЫ** м о д. *Бір нәрсенің мөлшері, нобайы, болжамы.*

## Сөздіктегі шеттілдік сөздер

40. Сөздікте, негізінен, шеттілдік сөздердің қай тілдік екені тік жақша арқылы сол сөзден кейін көрсетіледі. Мысалы: **ИНТЕРНЕТ** [ағыл. Internet, inter – аралық, net – желі] з а т. и н ф. *Компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығы; бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио, жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабы.* **ПРИНТЕР** [ағыл. printer] з а т. и н ф. *Мәтіндік не графиктік ақпаратты қағазға, пластикке шығаруға арналған құрылғы.*

Екі сөзден құралған шеттілдік сөздердің төркінін көрсетумен бірге аудармасы да беріліп отырады. Мысалы: **АПЕЛЬСИН** [ағыл. apple-алма, china-қытай]. з а т. ө с. <лат. citrus sinensis>. **1.** *Жылы жақта өсетін жеміс ағашы*. **2.** *Жеміс ағашының қызыл сары түсті жемісі.*

41. Негізінен, араб, парсы, грек, латын тілінен өзге тілдерге еніп, кеңінен тараған терминдік атауларға а р., п а р., г р., л а т. деген белгі қойылады.

## Шартты белгілер

[ ] тікжақша – этимология ир., ар., латын., грек. т.б. тілдерден енген.

< > – сынықжақша латын, грек т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы.

[ _ _ _ ] үзік сызықты тікжақша – цитата қысқартылып берілді.

// грамматикалық мағынаның өзгеруі.

□ контекстік қатынас

( ) айжақша – қосымша түсіндірме

## Шартты қысқарту

**а в и а ц**. – авиациялық
**а л ғ ы с.** – алғыс сөз
**а н а т.** – анатомиялық
**а н т р.** – антропологиялық
**а ң ш.** – аңшылық
**а р х е о л.** – археологиялық
**а с т р**. – астрономиялық
**а у ы л ш а р.** – ауылшаруашылық
**а у ы с.** – ауыспалы мағына
**а ф р и к а.** – африка тілдері
**ә д е б.** – әдебиеттану
**ә л е у м.** – әлеуметтік
**ә с к.** – әскери
**б а ғ. т е р.** – бағалы терілер
**б а л а т і л і** – бала тіліне тән сөзқолданыс
**б а т а.** – бата
**б е й н.** – бейнелі сөзқолданыс
**б е й п і л.** – бейпіл сөз
**б и о л.** – биологиялық
**б и о х и м**. – биохимиялық
**б о т**. – ботаникалық
**в е т.** – ветеринарлық
**г е о г р.** – географиялық
**г е о л.** – геологиялық
**г е о м.** – геометриялық
**г е о ф и з.** – геофизикалық
**г и д р.** – гидрологиялық
**д и п л.** – дипломатиялық
**д і н и.** – діни
**е г і н.** – егіншілік
**е л і к.** – еліктеуіш сөз
**е с к і к і т**. – ескі кітаби
**е с і м.** – есімдік
**е т.** – етістік
**е р к е л е т у.** – еркелету
**ж а ғ ы м с ы з.** – жағымсыз
**ж а ң а.** – жаңа сөз
**ж е р г.** – жергілікті сөз
**ж а қ т ы р м а у.** – жақтырмау
**з а ң.** – заң
**з а т.** – зат есім
**з е р г.** – зергерлік
**з о о л.** – зоологиялық
**и н ф**. – информатикалық
**к ә с.** – кәсіби сөз
**к е к е с і н.** – кекесін
**к е н.** – кен ісі
**к ө л і к.** – көлік қатынасы
**к ө н е.** – көнерген сөз
**к ө т е р.** – көтеріңкі стиль
**к і т.** – кітаби стиль
**к е л е м е ж .** – келемеж
**к о н т е к с т .** – контекстік мағына
**қ а р а п.** – қарапайым сөз
**қ а р ғ.** – қарғыс сөз
**қ а р ж ы.** – қаржы термині
**қ о ғ.-ә л е у м.** – қоғамдық-әлеуметтік
**қ о ғ.-с а я с и.** – қоғамдық-саяси
**қ ұ қ ы қ.** – құқықтық
**қ ұ р.** – құрылыс
**қ о л ө н е р** . – қолөнер
**л и н г в.** – лингвистикалық
**л о г.** – логикалық
**малдәр.** – малдәрігерлік
**м а л ш а р.** – малшаруашылық
**м а т.** – математикалық
**м е д.** – медициналық
**м е т а л л.** – металлургиялық
**м и н.** – минералогиялық
**м и ф.** – мифологиялық
**м о д.** – модаль сөз
**м у з.** – музыкалық
**м а қ т а ш а р** . – мақташаруашылық
**м е н с і н б е у** . – менсінбеу
**м ы с қ ы л** . – мысқыл
**о д.** – одағай
**о й ы н.** – ойын
**ө н е р.** – өнертану
**ө с.** – өсімдік
**п е д**. – педагогикалық
**п о л и г р.** – полиграфиялық

**п о э т.** – поэтикалық
**п с и х.** – психологиялық
**р е н і ш**. – реніш
**р е с м и**. – ресми
**с а н.** – сан есім
**с а я с и.** – саяси
**с а я т.** – саятшылық
**с ә у л е т.** – сәулет өнері
**с и р е к.** – сирек қолданылатын сөз
**с о в е т.** – советизм
**с ө й л.** – сөйлеу
**с п о р т.** – спорт
**с т а т.** – статистикалық
**с у ш а р.** – сушаруашылық
**с ү й с і н у**. – сүйсіну
**с ы н.** – сын есім
**т а б у.** – табу сөз
**т а м а қ.** – тамақ өнеркәсібі
**т а р.** – тарихи
**т е а т р.** – театртану
**т е р м.** – термин
**т е х**. – техникалық
**т о қ ы м а.** – тоқыма
**т і л е к.** – тілек сөз
**т ү й е ш а р .** – түйешаруашылық
**ү с т.** – үстеу
**ф и з и о л.** – физиологиялық
**ф и з.** – физикалық
**ф и л о л.** – филологиялық
**ф и л о с.** – философиялық
**ф о л ь к.** – фольклор
**х и м.** – химиялық
**ш а х м.** – шахмат термині
**ш ы л.** – шылау
**э к о л.** – экологиялық
**э к о н**. – экономикалық
**э к с п р.** – экспрессивті
**э м о ц.** – эмоциялық
**э н е р г.** – энергетикалық
**э п о с.** – эпостық
**э т н.** – этнографиялық
**ағыл.** – ағылшын тілі
**ар.** – араб тілі
**голл**. – голланд тілі
**грек.** – грек тілі
**жапон.** – жапон тілі
**исп.** – испан тілі
**итал.** – итальян тілі
**қыт.** – қытай тілі
**лат.** – латын тілі
**малай.** – малай тілі
**моңғ**. – моңғол тілі
**нем.** – неміс тілі
**ор.** – орыс тілі
**поляк.** – поляк тілі
**порт.** – португал тілі
**тат.** – татар тілі
**франц.** – француз тілі
**эфиоп.** – эфиоп тілі

## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

| | | | |
|---|---|---|---|
| **А а** | **И и** | **Р р** | **Ш ш** |
| **Ә ә** | **Й й** | **С с** | **Щ щ** |
| **Б б** | **К к** | **Т т** | **Ъ ъ** |
| **В в** | **Қ қ** | **У у** | **Ы ы** |
| **Г г** | **Л л** | **Ұ ұ** | **І і** |
| **Ғ ғ** | **М м** | **Ү ү** | **Ь ь** |
| **Д д** | **Н н** | **Ф ф** | **Э э** |
| **Е е** | **Ң ң** | **Х х** | **Ю ю** |
| **Ё ё** | **О о** | **Һ һ** | **Я я** |
| **Ж ж** | **Ө ө** | **Ц ц** | |
| **З з** | **П п** | **Ч ч** | |

# А

**А$^{1}$** **1**. *Қазақ әліпбиінің бірінші әрпі.* **2**. лингв. *Қазақ тіліндегі ашық, езулік жуан дауысты дыбыс.* **3**. *Ойды санамалап бергенде бірінші, әуелгі, алғы дегенді білдіреді.*

**А дәрумені**. мед. *Сәбіз, сары май, малдың бауырында көбірек болатын, ағзаға аса қажетті дәруменнің бір түрі.*

**А$^{2}$**...*Еуропа тілдерінен енген бірқатар кірме сөздердің басында келетін болымсыз мәнді префикс.*

**А$^{3}$** од. **1**. *«Ау!» «әу!» сөзімен мәндес, нығарлай айтылғандағы үн.* **2**. *Қорыққанда немесе қатты сасқанда айтылатын дыбыс.* **3**. *«Әй!» сөзімен мағыналас, біреудің назарын аудару үшін айтылатын дыбыс.* **4**. *«Е!» одағайымен мағыналас, оғаш іске көңіл бөліп, назар аудару үшін айтылатын дыбыс.* **5**. *Таңдану кезінде айтылатын дыбыс.* **6**. *Бір нәрсені қоштау, мақұлдау ретінде айтылатын одағай.* **7**. *Сұраулық мағынада қолданылатын одағай.* **8**. *«Уа!» одағайы мен «ай» шылауына мағыналас, белгілі бір сөздермен қабаттаса айтылатын одағай.*

**А дегенде**. *Әуелде, алғашында.* **А дегеннен**. *Бірден, кенеттен, шу дегеннен.* **А дегенше**. *Лезде, жылдам, тез.* **А [ә] десе, мә деді.** *Дереу қарымта қайтарды, есесін жібермеді.* **А десе, мә дейтін**. қарап. а) *Қарсыласып айтыса кететін, дес бермейтін, бет бақтырмайтын.* ә) *Тапқыр, тез ойлағыш.* **А, құдайлады**. *Аллаға сиынды, жалынды, жалбарынды.*

**АБА$^{1}$** зат. көне. аңш. *Аң аулау кезінде аңды қаумалап қамайтын қоршау, қаша.*

**АБА$^{2}$** [ар.عبا] зат. көне. *Иірген жүннен қолдан тоқылған, иыққа жабатын жаға-жеңсіз жамылғы, шапан.*

**АБА$^{3}$** зат. көне. *Ана, шеше.*

**АБАДАН$^{1}$** зат. *Қасқырдың топтанған әулегінің (үйір) күшті де мықты көсемі.*

**АБАДАН$^{2}$** сын. көне. *Бай, ауқатты.*

**АБАЖА$^{1}$** зат. көне. этн. *Ыдыс-аяқ, тамақ сақтайтын ағаш кебеженің үлкен түрі.* // *Үлкен, кең.*

**АБАЖА$^{2}$** зат. аңш. *Жыртқыш аңға құратын үлкен шарбақ, қақпан.*

**АБАЖАДАЙ** сын. **1**. *Абажа сияқты далиған.* **2**. *Өте үлкен, зор, рабайсыз.* **3**. *Сиықсыз, арбиған.*

**АБАЖУР** [франц. abat-jour] зат. *Электр шам жарығын бірқалыпты түсіру үшін, көзді күшті жарықтан сақтауға арналған қалқаша.*

**АБАЖУРЛЫ** сын. *Абажур қойылған, абажуры бар.*

**АБАЗ$^{1}$** зат. көне. *Түрме, абақты.*

**АБАЗ$^{2}$** зат. саят. *Сұңқардың тектісі, алғыры.*

**АБАЗИНДЕР** зат. *Қарашай-Шеркес және Адыгей автономиялық облысын мекендейтін халық, сол халықтың өкілі.*

**АБАЗИЯ** [грек. a – теріс бөлшек, basis – жүріс] зат. мед. *Ұстамалы жүйке ауруы күйінде жиі кездесетін тұра алмау және жүре алмау түріндегі ауру.*

**АБАЙ: абай болды**. а) *Сақ болды, алдыартын байқады, сақтанды.* ә) *Көз болды, бағып-күтті, қарады.* **Абай берді**. *Белгі берді, ыңғай танытты.*

**АБАЙ-ҚОҚАЙ** зат. сөйл. *Қоқан-лоқы, дау-жанжал.*

**АБАЙЛА=** ет. **1**. *Байқау, сақ болу.* **2**. *Барлау, бағдарлау.* **3**. ауыс. *Сақтау, қастерлеу.*

**Абайлап сөйледі**. *Аңдысын аңдып, сақтықпен байқап сөйледі.*

**АБАЙЛАҒЫШ** сын. *Байқағыш, сезгіш, сезімтал.*

**АБАЙЛАН=** ет. *Байқалыну, көріну, біліну.*

**АБАЙЛАҢҚЫРА** ет. *Байқаңқырау, сақтаныңқырау.*

**АБАЙЛАТ=** ет. *Байқату, білдіру.*

**АБАЙЛАТУ** *Абайла етістігінің қимыл атауы; байқату.*

**АБАЙЛАУ** *Абайла етістігінің қимыл атауы; байқау, сақ болу.*

**АБАЙМЕН** үст. *Сақтықпен, байқап, байыптап.*

**АБАЙСЫЗ** үст. **1**. *Байқаусыз, аңдаусыз.* **2**. ***Абайсызда***.

**АБАЙСЫЗДА** үст. **1**. *Байқаусызда, қапылыста, қапелімде.* **2**. *Кенеттен, қапыда, күтпеген жерден.*

**АБАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Бейқамдық, байқамаушылық, алаңсыздық.*

**АБАЙТАНУ** зат. филол. *Қазақтың ұлы ойшылы, аса көрнекті демократ ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұраларын зерттейтін ғылым саласы.*

**АБАЙТАНУШЫ** зат. *Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын зерттеуші ғалым.*

**АБАЙШЫЛДЫҚ** зат. *Сақтық, байқағыштық.*

**АБАЙЫМ** зат. экспр. *Көбінесе кішкентай баланы жақсы көріп еркелеткенде қалқам, айбарым, шырағым мағынасында айтылатын атауыш.*

**АБАКА** зат. тамақ. *Асхана ыдыстарын орналастыруға арналған тақта.*

**АБАҚ$^{1}$** зат. кәс. **1**. *Ұзындығы мың метрдей, көлденеңі бес жүз метрдей болатын теңізден балық сүзетін жылымның бір түрі.* **2**. *Үлкен өзендер мен көлдерден балық сүзетін аудың түпкі бөлігі, ау түбіндегі дорба, қалта.*

**АБАҚ$^{2}$** зат. көне. *Жазықтыларды қамайтын түрме, абақты.*

**АБАҚОҢЫР** сын. сөйл. ***Әбеқоңыр***.

**АБАҚТЫ** зат. **1**. *Заң жүзінде жазықты, қылмысты адамдарды қамайтын түрме, қамау орны.* **2**. ауыс. *Қыспақ, тар қапас.*

**Абақтыға [түрмеге] жабылды.** *Қылмысы үшін айыпталып, түрмеге отырғызылды, қамалды.* **Абақтыға түсті**. *Сотталды, түрмеге түсті.*

**АБАҚТЫДАЙ** сын. *Абақты сияқты қараңғы, тар, қыспақ.*

**АБАҚЫ** зат. *Қорадағы малды тіл-көзден, сұқтан, аю, қасқырдан қорғап тұрады деп қойылған қарақшы.*

**АБАЛА=** ет. **1**. *Иттің және т.б. жануардың өршелене қатты үруі, шабалану.* **2**. ауыс. *Айтыс-талас кезінде біреуге дауыс көтеріп өршелену, бажбалақтап қызбалану.* **3**. *Жан-жақтан қаумалап аң ұстау.* **4**. ауыс. *Жер-жебіріне жеткізіп кемшілігін бетіне айту.*

**АБАЛАҚ** зат. миф. *Түр-түсі аса қорқынышты құбыжық.*

**АБАЛАҚ-САБАЛАҚ** сын. *Алба-жұлба, жалбыр-жұлбыр.*

**АБАЛАҚТА=** ет. *Жан-жағына алақ-жұлақ қарау, абдырау, сасқалақтау.*

**АБАЛАҚТАЙ** сын. *Абалақ сияқты, қорқынышты.*

**АБАЛАҚТАУ** *Абалақта етістігінің қимыл атауы; алақ-жұлақ қарау.*

**АБАЛАН=** ет. *Өршелену, шабалана үру.*

**АБАЛАНУ** *Абалан етістігінің қимыл атауы.*

**АБАЛАС=** ет. **1**. *Иттердің өршелене үрісуі.* **2**. ауыс. *Ұрсысып шабаланысу, өзара өршеленісу.*

**АБАЛАСУ** *Абалас етістігінің қимыл атауы; өршелене үрісу.*

**АБАЛАТ=** ет. *Өршеленту, шабалантып үргізу.*

**АБАЛАТУ** *Абалат етістігінің қимыл атауы.*

**АБАЛАУ** *Абала етістігінің қимыл атауы.*

**АБАЛОНЕ** зат. тамақ. *Кептірілген немесе консервіленген түрде аспаздықта пайдаланатын моллюскілер.*

**АБАНА** зат. көне. *Ағайынды балалардың жас жағынан үлкені, басшысы.*

**АБАНДОН** зат. қаржы. *Шартта көрсетілген орындау мерзімі өтіп кетуіне байланысты опционнан бас тарту.*

**АБАТ** [ир.آباد] сын. **1**. *Халық орналасқан, қоныстанған, жайнап, гүлденген (елді мекен, жер).* **2**. *Көрікті, әсем, сәнді.*

**Абат болды**. а) *Көркейді, гүлденді, халық тұрмысына оңтайланды.* ә) *Салтанат құрды, кең таралды.* **Абат етті**. *Гүлдендірді, жайнатты, халық тұрмысына икемдеп жақсартты.*

**АБАТТА=** ет. *Жинау, реттеу, тазалау.*

**АБАТТАН=** ет. *Халықтың тұрмысының оңтайлануы, гүлденуі, көріктенуі.*

**АБАТТАНДЫР=** ет. *Тіршілік ортасын халық тұрмысына оңтайландыру, гүлдендіру.*

**АБАТТАНДЫРУ** *Абаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АБАТТАНУ** *Абаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АБАТТАУ** *Абатта етістігінің қимыл атауы.*

**АБАТТЫҚ** зат. **1.** *Абаттанғандық, гүлденгендік.* **2.** *Жақсылық, игілік.*

**АБАТШЫЛЫҚ** зат. көне. **1**. *Игілік, жақсылық, қолайлылығы жоғары болғандық.*

**АББАР: аббар көшу**. көне. *Суыт, сыпыра көшу.*

**АББАТ** [лат. abbas (abbasit)] зат. *Католик монастырінің бастығы.*

**АББАТТЫҚ** зат. діни. *Аббат басқаратын католик монастырі.*

**АББРЕВИАТУРА** [итал. abbreviatura] зат. лингв. *Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің басқы буындары немесе әріптерінен құралған қысқарған сөз.*

**АББРЕВИАЦИЯ** [лат. abbreviatio] зат. лингв. *Сөздерді басқа сөздерден немесе сөз тіркестерден жасау тәсілі.*

**АБГОРА** зат. тамақ. *Шикі жүзімнің шырыны.*

**АБДА** ар. сын. көне. *Жабайы; тағы.*

**АБДАЛ** ир. зат. көне. ***Әулиелер.***

**АБДАН** зат. **1**. *Арыстанның мықтысы.* **2**. ауыс. *Қол бастайтын мықты тұлға.*

**АБДАНЛЫҚ** зат. ескікіт. *Батылдық, қайсарлық.*

**АБДАСТА** зат. сөйл. ***Әбдесте***.

**АБДИКАЦИЯ** зат. саяси. *Белгілі бір жоғары лауазым иесінің немесе мәртебелі әулеттің биліктен, тақтан өз еркімен бас тартуы.*

**АБДОМЕН** [лат. abdomen] зат. мед. *Іш қуысы, құрсақ.*

**АБДОМИНАЛДЫҚ** сын. мед. ***Құрсақтық***.

**АБДУКТОР** [лат. abducere] зат. мед. *Сыртқа, шетке тартқыш.*

**АБДУКЦИЯ** [лат. abductio] зат. мед. *Сыртқа, шетке тартушылық, адам мен жа-*

*нуарлардың омыртқа бағаналарын бойын бойлай бастан құйрыққа дейін өтіп, олардың денелерін арқадан құрсаққа қарай тепе-тең екі жарты бөлікке бөлетін орталық сагитталды (лат. cagitta — жебе) жазықтықтан дененің оң жағына немесе сол жағына сыртқа қарай бағытталған қозғалыс.*

**АБДУКЦИЯЛЫҚ** сын. мед. *Абдуцияға қатысты.*

**АБДЫҚ=** ет. сөйл. ***Аптық.***

**АБДЫРА** зат. этн. *Киім-кешек, қымбат бағалы зат салатын, ашылып-жабылатын үлкен сандық, үй жиһазы.*

**АБДЫРА=** ет. *Асып-сасу, аптығу, қысылу.*

**АБДЫРАҒЫШ** сын. *Абдырауық, асып-сасқыш, абыржығыш, сасқалақ.*

**АБДЫРАДАЙ** сын. *Абдыра сияқты тым үлкен, кең.*

**АБДЫРАҢҚЫРА=** ет. *Абыржыңқырау, асып-сасқалақтаңқырау, сасыңқырау.*

**АБДЫРАП-ДАБДЫРАП** үст. *Асып-сасып, сасқалақтап.*

**АБДЫРАС=** ет. *Сасқалақтасу, әбігер болысу, абыржысу.*

**АБДЫРА-САНДЫҚ** зат. *Киім-кешек, қымбат бағалы зат салатын абдыра мен сандықтар.*

**АБДЫРАСУ** *Абдырас етістігінің қимыл атауы.*

**АБДЫРАТ=** ет. *Абыржыту, әбігерге түсірту.*

**АБДЫРАТУ** *Абдырат етістігінің қимыл атауы.*

**АБДЫРАУ** *Абдыра етістігінің қимыл атауы; сасқалақтау.*

**АБДЫРАУЫҚ** сын. *Қысылып-қымтырылғыш, абдырағыш, асып-сасқыш.*

**АБДЫРИЯ** зат. жерг. *Жастықтың астына қоятын ағаш.*

**АБЕРРАЦИЯ** [лат. aberratio] зат. **1.** физ. *Жарық сәуленің линза арқылы өткеннен кейін бір нүктеде түйісуден ауытқуы.* **2.** астр. *Аспан күмбезіндегі жұлдыздардың дәл орындарынан ауытқыған сияқты болып көрінуі.* **3.** биол. *Ағзаның дағдылы қалыптан ауытқуы.*

**АБЕС** зат. тамақ. *Тағамда қолданылмайтын, аспаздық және кондитерлік өнімдерді жылумен өңдеу кезінде пайдаланылатын қамыр.*

**АБЕССЕ** зат. тамақ. *Дайындау әдісі бойынша қамырды белгілі бір мөлшерге дейін оқтаумен жұқарту тәсілі.*

**АБЖАД** [ар.ابجاد] зат. ескікіт. *Арабтың қадім оқуының есептеуге арналған, әрбір дыбыстың бірден мыңға дейін сандық мәнін есте сақтау үшін ойлап табылған сегіз жасанды сөздің шартты атынан тұратын жүйе.*

**АБЖАУҚЫН** сын. жерг. ***Әбжауқын.***

**АБЖЫЛАН** зат. **1.** *Бейнелі түрде айтылатын үлкен жылан.* **2.** ауыс. *Қанқұйлы жауыз, қанішер.*

**АБЖЫЛАНДАЙ** сын. *Абжылан сияқты зәрлі, уытты, сұсты, айбатты.*

**Абжыландай толғанды.** фольк. *Қаһарланып, күш көрсетіп буырқанды, айбат шекті.*

**АБЗАЛ**[1] [ар. افضل] сын. **1.** *Құрметті, қадірлі, ардақты.* **2.** *Қымбат, асыл. // Дұрыс, жөн, орынды, жақсы.* **3.** *Көп ішіндегі керемет, ерекше, асыл, аяулы.*

**АБЗАЛ**[2] зат. сөйл. ***Әбзел.***

**АБЗАЛДЫҚ** зат. *Қадірлілік, ардақтылық, қасиеттілік.*

**АБЗАЛЫ** мод. *Дұрысы, жөні, асылы деген мағынадағы қыстырма сөз.*

**АБЗАЛЫНДА** үст. *Дұрысында, негізінде, шындығында, ақиқатында.*

**АБЗАЦ** [нем. Absatz] зат. лингв. **1.** *Жаңа жолдан бастап жазуда оңға қарай жасалған сәл шегініс, азатжол.* **2.** *Бір азатжол мен екінші азатжолға дейінгі мәтін (текст) бөлігі.*

**АБЗЕЛ** зат. сөйл. ***Әбзел.***

**АБЗИ** зат. жерг. *Жасы үлкен аға.*

**АБИАТ** сын. діни. *Шектеусіз; мәңгілік; тоқтаусыз.*

**АБИД** зат. діни. *Құдайға сиынушы, табынушы.*

**АБИДА** зат. *Ескерткіш, құлпытас.*

**АБИОГЕНЕЗ** [гр. а – болымсыздық қосымшасы, bios – өмір және genesis – туу] зат. психол. *Ішкі әсерден туындаған генерация, өлі материядан пайда болған тірі пішін; түр, түрпат; тіршіліктің туу үдерісі.*

**АБИОТАЛЫҚ** [гр. а – болымсыздық қосымшасы, bios — өмір] сын. *Өмірмен немесе тіршілікпен үйлеспеушілік, өмірге бейімсіздік.*

**АБИОТИКАЛЫҚ** сын. мед. *Тірі ағзаға әсер ететін бейорганикалық түркіжайттар атауы.*

**АБИОТРОФИЯ** зат. биол. *Белгілі бір мүшенің, ағзаның немесе жүйенің функциялық жағынан тіршілікке бейімділігінің әлсіреуі.*

**АБИССАЛЬ** зат. гидрол. *Теңіз сулары тереңдіктерінің орналасу ерекшеліктерінің бір қабаты.*

**АБИТУРИЕНТ** [лат. abituriens] зат. *Жоғары және арнаулы орта оқу орнына түсуші талапкер.*

**АБИЫР** зат. **1.** *Ар, ұят, намыс.* **2.** *Адамның жыныс мүшесі, ұятты жері.* **3.** ***Абырой.*** **4.** ауыс. *Пайда, олжа, жақсылық.*

**Абиыр бер.** тілек. *Беделден айырма, ұятқа қалдырма.* **Абиырын жабатын [жапқандай].** *Етек-жеңі кең, жөні түзу, жөнді киім.* **Абиырын жапты [қымтанды].** *Ұятты жерін қымтап көрсетпеді.* **Абиыры [айрандай] төгілді [шашылды, кетті].** *Ұятқа батып, жерге кіре жаздады, масқара болды.*

**АБИЫРЛЫ** сын. *Абыройлы, ұяты бар, арлы.*

**АБИЫРСЫЗ** сын. **1.** *Ұятсыз, көргенсіз.* **2.** *Абыройсыз, беделсіз.*

**АБИЫРСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Ұятсыздық, көргенсіздік.* **2.** *Абыройсыздық, беделсіздік.*

**АБЛАСТИКА** зат. мед. *Қатерлі ісікке метастаз (көшік) бермеу үшін жасалатын алдын алушылық хирургиялық тәсіл.*

**АБЛАТИВ** [лат. ablativus] зат. лингв. *Орыс тіліндегі ілік септікке ұқсас алыстық, мекендік мағынаны білдіретін, кейбір тілдердегі (латын тіліндегі) септік жалғаудың бір түрі.*

**АБЛАУТ** [нем. Ablaut] зат. лингв. *Апофонияны немесе фонетикалық алмасуды білдіретін кейбір тілдердегі термин.*

**АБЛАУТТЫ** сын. лингв. *Аблаут құбылысына ұшыраған, сонымен байланысты.*

**АБЛЕННЕС** зат. балықшар. *Дене бітімі таспа тәрізді, бүйірі қабысыңқы, тұрқы 70 сантиметр, шаруашылық маңызы жоқ балық; сарған тұқымдасының бір туысы.*

**АБЛЫҒУ** *Аблық етістігінің қимыл атауы; алқыну.*

**АБЛЫҚ=** ет. **1.** *Қатты толқып қысылған кезде жүректің лүпілдеп лоблуы, алқыну.* **2.** *Лепіру, көңілі алып ұшу, леку.* **3.** *Асығып-аптығу, өрекпу.*

**АБЛЫҚТЫР=** ет. *Еліктіру, елерту.*

**АБЛЫҚТЫРУ** *Аблықтыр етістігінің қимыл атауы*

**АБЛЯЦИЯ** [лат. ablatio] зат. геогр. *Ауа райы факторларына байланысты еру, булану, сыну нәтижесінде мұз көлемінің кішіреюі.*

**АБОМАЗОТОМИЯ** зат. мед. *Ұлтабарды жару, ішіндегі өсімдік, не жануар тектес заттардан пайда болған ұсақ тастарды алып тастау үшін жасалатын операция.*

**АБОНЕМЕНТ** [франц. abonnement] зат. *Бір затты белгілі бір мерзім ішінде пайдалану құқығы немесе осыны растайтын құжат.*

**АБОНЕМЕНТТІК** сын. *Абонемент үшін берілген, абонементке қатысты.*

**АБОНЕНТ** [нем. Abonnent] зат. *Абоненттік құжатты пайдаланушы, сол құжаттың иесі.*

**АБОНЕНТТІК** сын. *Абонентке тән, соған тікелей қатысты.*

**АБОРИГЕН** [лат. aborigines] зат. *Белгілі бір елдің байырғы тұрғыны.*

**АБОРТ** [лат. abortus] зат. мед. *Жасанды түсік, екіқабат әйелдің ішіндегі баланы операция арқылы алдыртып тастау, қолдан түсік тастату әрекеті.*

**Аборт жасады.** *Іштегі баланы жасанды түсік арқылы алдыртып тастады.*

**АБОРТИН**[1] зат. мед. *Бітеу жара, денеге енген стрептококк, стафилококк сияқты микробтардың әрекетінен белгілі бір мүшеде не тінде пайда болатын іші іріңге толған жара.*

**АБОРТИН**[2] зат. *Бруцеллез ауруын анықтау үшін қолданылатын дәрмек.*

**АБОРТТАЛ=** ет. мед. *Тоқтатылу, үзілу.*

**АБОРТТАЛУ** мед. *Абортал етістігінің қимыл атауы; тоқтатылу, үзілу.*

**АБОРТЦАНГ** зат. мед. *Аборт жасауға арналған қысқаш түріндегі медициналық құрал.*

**АБРАЗИВ** [франц. abrasif] зат. тех. *Қымбат бағалы тастар мен қатты металдардың сыртын қырнауға, өңдеуге арналған құрал.*

**АБРАЗИЯ** зат. геол. *Теңіз, көл, ірі су бөгендері жағаларының соқпа толқын әсерінен бұзылып мүжілуі.*

**АБРИКОС** [голл. abrikoos] зат. бот. ***Өрік.***

**АБРИКОТИН** [франц. abricotine] зат. тамақ. *Сары өріктен жасалған ликер.*

**АБРИС** [нем. Abrib] зат. өнер. *Заттың контуры, сыртқы сызықтарының нобай кескіні.*

**АБРУПТИВ** зат. лингв. *Артикуляцияның соңғы кезеңінде дауыс шымылдықтарының жақындауынан немесе қосылуынан пайда болатын дауыссыз дыбыстар.*

**АБСАНС** зат. психол. *Ақыл-естен уақытша айырылу кезі.*

**АБСЕНТ** [франц. absinthe] зат. тамақ. *Аз мөлшерде анис және жалбыз қосып иістендірілген ақ жусаннан жасалатын спирттік ішімдіктің бір түрі.*

**АБСОЛЮТ** [лат. absolutus] зат. филос. *Идеалистік философияда дүниенің мәңгі өзгермейтін бастапқы негізі (рух, сана).*

**Абсолют биіктік.** геогр. *Жер бетіндегі белгілі бір нүктенің мұхит бетінің орташа деңгейінен тігінен алғандағы қашықтығы.* **Абсолют шама.** мат. *Модуль, оң, теріс таңбаларынсыз алынған санның өзі.* **Абсолют ылғалдылық.** геогр. *Бір текше метр ауа көлеміндегі су буының мөлшері.*

**АБСОЛЮТИВ** зат. лингв. *Эргативті құрылымы бар тілдерде атау қызметін атқаратын септік жалғауы.*

**АБСОЛЮТИЗМ** [лат. absolutisme] зат. ***Абсолютшілдік.***

**АБСОЛЮТТЕНДІРУ** ет. терм. *Бір нәрсенің, істің шарықтау шегіне дейін жеткізу, абсолюттік ету.*

**АБСОЛЮТТЕНДІРІЛ=** ет. терм. *Бір нәрсенің, істің шарықтау шегіне дейін жеткізілуі, абсолюттік етілу.*

**АБСОЛЮТТЕНДІРІЛУ** терм. *Абсолюттендіріл етістігінің қимыл атауы; абсолюттік етілу.*

**АБСОЛЮТТ I** сын. *Шегіне жеткізілген.*

**Абсолютті жүктеуіш.** инф. <ағыл. absolute loader> *Объектілік модульді негізгі жадқа белгіленген адрестермен орналастыратын жүктеуіш.*

**АБСОЛЮТТІК** сын. филос. 1. *Бұлжымайтын, тұрақты, шексіз.* 2. *Толық аяқталған, тиянақты.*

**Абсолюттік ақиқат**. филос. *Толық анықталған, дәлелденген, таным дамуында теріске шығарылуы мүмкін емес объективтік ақиқат.* **Абсолюттік құқықтар**. заң. *Субъектінің заңмен қорғалатын құқықтар тобы.* **Абсолюттік монархия**. тар. *Мемлекетті басқарудың монархиялық түрі, монархқа тән басшылық.* **Абсолюттік омонимдер**. лингв. *Сөз табына тән кейбір сөздердің тұлғалық жағынан толығымен ұқсас, сәйкес келу құбылысы.* **Абсолюттік рух.** филос. *Ақиқат, дәлелдеуге келмейтін шынайы рух.*

**АБСОЛЮТШІЛДІК** [лат. absolutus] зат. саяси. *Жоғары өкімет билігі заң шығарушы, атқарушы сот болып тармақталмай, бір адамның қолына шоғырланумен ерекшеленетін мемлекеттік басқару түрі.*

**АБСОРБЕНТ** [лат. absorbens] зат. хим. *Сіңіріп алу мүмкіндігі бар сорғыш зат.*

**АБСОРБЕР** [лат. absorbeo] зат. хим. *Қатты және сұйық заттар арқылы газды, буды сорып, сіңіріп немесе жұтып алатын аппарат.*

**АБСОРБЦИЯ** [лат. absorptio] зат. лингв. *Сонант дыбыспен қатар келгенде дауысты дыбыстың түсіп қалу құбылысы.*

**АБСТИНЕНТТІК** сын. мед. *Абстиненцияға қатысты.*

**АБСТИНЕНЦИЯ** [лат. abstinentia] зат. мед. *Тыйылу, ұстану, тежеу, шараптық ішімдіктерін немесе есірткі заттарын қолдануды кенет ұзу кезінде осы заттардың әсерінің тоқтауынан туындайтын күй.*

**АБСТРАКТІ: абстракті өнер**. *Кескіндеу өнерінде, мүсін мен графикада нақты заттарды бейнелеуден бас тартатын ағым.*

**АБСТРАКТІЛЕ**= ет. *Жалпылау, жалпы түрде бейнелеу, баяндау, жеткізу.*

**АБСТРАКТІЛЕН**= ет. *Жалпылану, дерексіздену.*

**АБСТРАКТІЛЕНДІР**= ет. *Жалпыландыру, дерексіздендіру.*

**АБСТРАКТІЛЕНДІРУ** *Абстрактілендір етістігінің қимыл атауы.*

**АБСТРАКТІЛЕНУ** *Абстрактілен етістігінің қимыл атауы.*

**АБСТРАКТІЛЕУ** зат. филос. *Белгілі бір затқа, құбылысқа тән көптеген қасиеттер мен олардың арасындағы өзара байланыстардан бір ғана жағын ой жүзінде оқшау алып қарастыру үдерісі.*

**АБСТРАКТІЛІ** сын. *Дерексіз, жалпы.*

**Абстрактілі лексика**. лингв. *Дерексіз ұғымды білдіретін сөздер тобы.*

**АБСТРАКТІЛІК** сын. *Дерексіздік, жалпылық.*

**Абстрактілік жүйе.** филос. *Ұғымдар, болжамдар, теориялық, ғылыми білімдер, лингвистикалық, формалды және логикалық т.б. жүйелер жататын дерексіз жүйе.*

**АБСТРАКТІЛІК-ТЕОСОФИЯЛЫҚ** сын. теол. *Дерексіз діни-мистикалық ілімге қатысты.*

**АБСТРАКЦИОНАЛИЗМ** зат. өнер. *Қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты заттарды ескермейтін ағым.*

**АБСТРАКЦИЯ** [лат. abstractio] зат. терм. 1. *Маңызды қырларын, белгілерін ерекшелеу, оқшаулау мақсатымен зат немесе құбылыстың қандай да бір белгі, қасиет, байланыстарынан ойша дерексіздену.* 2. *Дерексіз ұғым, тәжірибенің теориялық жалпылануы, заттың өзі мен байланыссыз қарастырылатын белгісі немесе қасиеті.*

**АБСТРАКЦИЯЛАУ** сөйл. ***Абстрактілеу***.

**АБСТРАКЦИЯЛЫ** сын. ***Абстрактілі***.

**АБСТРАКЦИЯЛЫҚ** сын. ***Абстрактілік***.

**АБСЦЕСС** [abscessus] зат. мед. *Ағза тіндерінің іріңқалта түзетін іріңді ісігі.*

**АБСЦЕСТЕН=** ет. мед. *Іріңқалталану.*

**АБСЦЕСТЕНУ** мед. *Абсцестен етістігінің қимыл атауы; іріңқалталану.*

**АБСЦИССА** [лат. abscissus] зат. мат. *Кеңістікте нүктенің орнын анықтайтын үш координатаның бірі.*

**АБУЛИЯ** [грек. abulia] зат. мед. *Ештеңе істегісі келмейтін патологиялық жағдай, жүйке ауруынан туындайтын ерік кемістігі.*

**АБУРА** зат. тамақ. *Жапон рецептеріндегі майлардың жалпы атауы.*

**АБУРАГЕ** зат. тамақ. *Майда қайнатылған соя массасы немесе қоюлатылған соя соусы.*

**АБҰЙЫР** зат. сөйл. ***Абиыр***.

**Абұйыр [-ын] жапты.** *Етегін, ұятты жерін жапты.* **Абұйыры түсті**. *Беделі төмендеді, азайды.*

**АБҰЙЫРЛЫ** сын. сөйл. ***Абиырлы***.

**АБҰЙЫРСЫЗ** сын. сөйл. ***Абиырсыз***.

**АБҰЙІР** зат. сөйл. ***Абиыр***.

**АБХАЗ** зат. *Абхаз Республикасының байырғы тұрғын ұлты және оның тікелей өкілі.*

**АБХАЯТ** [ир. آب الحیاة +ар. ]зат. діни. ***Абылхаят суы*** *(ир. аб – «су», ар. хаят – «өмір» деген, ягни өмір суы, өмір беретін су).*

**Абхаят шашма.** діни. *Мәңгілік бұлақ.*

**АБЫЗ**[1] зат. 1. тар. *Тәңірге табынушылық т.б. сияқты байырғы наным-сенімдер бойынша өткізілетін құлшылық ғұрыптарына басшылық жасаушы білгір.* 2. ауыс. *Сәуегей, көріпкел.* 3. ауыс. *Білгір, дана.*

**АБЫЗ**[2] зат. жерг. *Билік, өкім, ырық, бағыныш.*

**АБЫЗДЫ** сын. *Ақылды, білімді (адам).*

**АБЫЗДЫҚ** зат. 1. діни. *Абыз болушылық.* 2. *Абызға тән қасиет, білгіштік, білімдарлық.*

**АБЫЗКЕЙ** сын. жерг. *Білгір, білімді.*

**АБЫЗСЫН**= ет. *Білгішсіну, данышпансу.*

**АБЫЛА**= ет. кәс. *Аңдарды жан-жағынан айнала қоршау.*

**АБЫЛАЙША** зат. этн. *Шаңыраққа уықты шаншып, керегесіз тігілген тұтас бойы мен есігі киізбен жабылған жеңіл қос.*

**АБЫЛАН** сын. *Ең күшті, зор, мықты.*

**АБЫЛАҢҚЫ**[1] зат. жерг. *Ерте туған төл.*

**АБЫЛАҢҚЫ**[2] сын. жерг. *Сөзі көп, сөзуар (адам).*

**АБЫЛАУ** кәс. *Абыла етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫЛ-ҚҰБЫЛ** үст. сөйл. ***Апыл-құпыл***.

**АБЫЛ-САБЫЛ** үст. *Абылыңқы-сабылыңқы, апырлап-топырлаған.*

**АБЫЛХАЯТ: абылхаят суы**. діни. *Мифологиялық таным бойынша адамды өлтірмейтін, мәңгі жасартып тұратын қасиеті бар су.*

**АБЫЛЫҚ**= ет. сөйл. ***Аблығу***.

**АБЫЛЫҢҚЫ-САБЫЛЫҢҚЫ** сын. *Салдыр-салақ, керенау.*

**АБЫЛЫП-САБЫЛ**= ет. *Бейберекет әрлі-берлі қозғалу, сапырылысу.*

**АБЫЛЫП-САБЫЛУ** *Абылып-сабыл етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫЛЫП-САБЫЛЫП** үст. *Асығып-үсігіп, апырлап-топырлап.*

**АБЫН**= ет. сөйл. *Қатты алқыну, аптығу.*

**АБЫНУ** *Абын етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫНЫП-ҚАБЫН**= ет. *Асып-сасып, әбігерлену, абыржу.*

**АБЫНЫП-ҚАБЫНУ** *Абынып-қабын етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫҢ** үст. *Асығып-аптығып.*

**Абың кіріп, күбің шықты.** *Абыр-сабыр болды, қарбалас қимылдады.*

**АБЫҢ-КҮБІҢ** үст. *Асығыс-үсігіс, абыр-сабыр, апыл-құпыл.*

**АБЫР-ГҮБІР** зат. *У-шу, дабыр-дүбір.*

**АБЫРҒА** зат. муз. көне. *Ерте замандағы түркілердің сазды аспабы.*

**АБЫР-ДАБЫР** зат. *Абыр-сабыр, опыр-топыр.*

**АБЫР-ДҮБІР** зат. *Топырлап күбірлеген дауыс.*

**АБЫРЖУ** *Абыржы етістігінің қимыл атауы; абдырау, сасқалақтау, асып-сасу.*

**АБЫРЖУЛЫ** сын. *Берекесі кетіп, бейжай қалыпта болып, қатты сасулы; ренжулі.*

**АБЫРЖУШЫЛЫҚ** зат. *Сасқалақтаушылық, әбігер болушылық, мазасызданушылық.*

**АБЫР-ЖҰБЫР** үст. *Әуре-сарсаң, әбігер.*

**АБЫРЖЫ**= ет. 1. *Әбігерлену, абдырау, асып-сасу.* 2. ауыс. *Қозғалысқа түсу, мазасыз күйге ену, бей-берекет қимыл жасау.*

**АБЫРЖЫҢҚЫ** сын. *Абдыраңқы, кейісті, енжар.*

**АБЫРЖЫҢҚЫРА**= ет. *Әбігерленіңкіреу, сасқалақтап, сасыңқырау, қысылыңқырау.*

**АБЫРЖЫҢҚЫРАУ** *Абыржыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫРЖЫС**= ет. *Әбігерге түсісу, абдырасу.*

**АБЫРЖЫСУ** *Абыржыс етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫРЖЫТ**= ет. *Абдырату, әбігерге, әуре-сарсаңға түсіру.*

**АБЫРЖЫТУ** *Абыржыт етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫР-КҮБІР: абыр-күбір сөз [әңгіме].** *Пыш-пыш сөз, ұсақ әңгіме, өсек-аяң.*

**АБЫРОЙ** [ир.ابروی] зат. 1. *Бедел, атақ, даңқ.* 2. *Ар, ұят, намыс.* 3. ауыс. *Пайда, олжа.* 4. ***Абиыр*** *(адамның жыныс мүшесі, ұятты жері).*

**Абырой алды [тапты, әперді, әкелді].** *Құрметке бөленді, беделге ие болды, атақ алды.* **Абырой әперді**. *Сый-құрметке жеткізді, зор атаққа ие етті.* **Абырой болғанда.** *Сәтіне қарай, сәті түскенде.* **Абырой болды**. *Істің орайы болып, сәті келгенде, Құдай оңдап, қолдады.* **Абыройдан айырылды**. *Бедел,атақ, қадір-қасиеттен жұрдай болды.* **Абыройы ақтарылды**. *Абыройы төгілді, абыройдан айырылды.* **Абыройы арта берсін!** тілек. *Жақсы атағы шықсын, беделі үстем болсын деген мағынадағы сөз.* **Абыройы асты**. *Беделі көтерілді, аты шықты.* **Абыройы ашылды**. *Ұятқа қалды, қатты масқара болды.* **Абыройы жойылды [кетті, төгілді].** *Ар-беделі, атағы, қадір-қасиеті кетті, жоғалды.* **Абыройы кірледі**. *Бедел, атақ-даңқына дақ түсті, нұқсан келді.* **Абыройы қисайды.** *Ар-абыройдан айырылды, ұятты болды.* **Абыройын айрандай төкті [шашты]**. а) *Масқара қылды, беделін түсірді.* ә) поэт. *Әйгіледі, жұрт көрмейтін ішкі жасырғанын ашып берді.* **Абыройын аяққа**

**басты**. *Ұятқа қалдырды, масқара етті.* **Абыройын жапты.** *Беделін сақтап қалды, ұят, намысын, қорғап қалды.* **Абыройын жасырды.** *Бір жақсылық істеді, ұятқа қалдырмады.* **Абыройын жоғалтты.** *Абыройдан айырылды, ұятқа қалды.* **Абыройын кетірді.** *Бедел, атағын төмендетті.* **Абыройын көтерді**. *Беделін, атақ-даңқын асырды.* **Абыройын сатты.** а) *Беделін түсірді, абыройын ысырып қойды.* ә) *Ұяттан безді, арсыздыққа барды.* **Абыройы [айрандай] төгілді.** *Әбден масқара болды, ар-ұяттан айырылды.* **Абыройы түсті**. *Беделі түсті, масқара болды, қадір-қасиеттен жұрдай болды.*

**АБЫРОЙ-АТАҚ** з а т. *Ел алдындағы бедел, жақсыат, даңқ.*

**АБЫРОЙ-БЕДЕЛ** з а т. *Ар-намыс, өзіндік және қоғам алдындағы бағасы.*

**АБЫРОЙЛЫ** с ы н. **1**. *Сыйлы, құрметті, беделді.* **2**. а у ы с. *Сыпайы, әдепті, жарасымды.* **3.** *Ойдағыдай, көңілдегідей.*

**АБЫРОЙЛЫЛЫҚ** з а т. *Беделділік, жақсыатқа ие болушылық.*

**АБЫРОЙСЫЗ** с ы н. *Беделсіз, қадірсіз, сыйсыз.*

**АБЫРОЙСЫЗДАН=** е т. *Беделсіздену, сенімнен айырылу, жақсы атын жоғалту.*

**АБЫРОЙСЫЗДАНУ** *Абыройсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**АБЫРОЙСЫЗДЫҚ** з а т. *Қадірсіздік, беделсіздік, жаманат.*

**АБЫР-САБЫР** ү с т. *У-шу, әбігер, асығыс-үсігіс, қарбалас.*

**АБЫР-ТОБЫР** ү с т. *Топ-топ, қатар-қатар, абыр-сабыр.*

**АБЫСТАЙ** з а т. ж е р г. *Бәйбіше; қожаның әйелі; байдың әйелі; әпке, апа***.**

**АБЫСЫН** з а т. э т н. *Ағайынды, туыстас адамдардың әйелдерінің бір-біріне қарым-қатынасын көрсететін туыстық атау.*

**АБЫСЫН-АЖЫН** з а т. э т н. *Алыс-жақын ағайынды адамдардың әйелдерінің жалпы атауы.*

**АБЫСЫН-АЖЫНДАЙ** с ы н. *Абысын-ажын әйелдер сияқты, тату-тәтті.*

**АБЫСЫНДЫ** с ы н. *Абысыны көп, абысыны бар.*

**АВАЛЬ** [франц. aval] з а т. з а ң. *Үшінші жақтың вексель бойынша берген ерекше кепілгерлігі.*

**АВАЛЬШЫ** з а т. э к о н. *Вексель бойынша жауапты адамдардың міндеттемелерін орындау үшін өзіне жауапкершілік алған адам.*

**Авальшы банк.** э к о н. *Аваль берілген тұлғамен бірдей жауаптылықта болатын банк.*

**АВАНГАРД** [франц. avant-garde] з а т. **1**. ә с к. *Майданда негізгі әскери күштің алдыңғы шебінде болатын екпінді тобы.* **2**. а у ы с. *Белгілі бір қоғамдық топтың алдыңғы қатардағы жетекші бөлігі.*

**АВАНГАРДИЗМ** з а т. ө н е р. *Суретші мен өмір арасындағы байланыстарды жеткізуде дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түбегейлі өзгертетін жаңа амалдар мен формалар іздеуге құрылған XX ғасырда пайда болған Еуропа суретшілерінің ағымы.*

**АВАНГАРДТЫҚ** з а т. *Алдыңғы қатарлы, жетекші.*

**АВАНЖОБА** з а т. т е х. *Бұйымдар әзірлеу үшін жасалатын техникалық ұсыныс.*

**АВАНЗАЛ** [франц. avant] з а т. **1.** *Үлкен, негізгі залдың алдындағы бөлме, алдыңғы зал.* **2.** *Қонақтарды күту мен кездесуге арналған бөлме.*

**АВАНЛОЖА** [франц. avant] з а т. *Театр ложасының алдындағы шағын кішкене қосымшасы.*

**АВАНПОРТ** [франц. avant-port] з а т. к ө л і к. *Кемеге жүк тиеуге, одан жүк түсіруге ыңғайланған айлақтың алдыңғы жағы.*

**АВАНС** [франц. avance] з а т. қ а р ж ы. *Айлық еңбекақының бір бөлігі немесе сатып алатын тауар үшін алдын ала төленетін қаражат, ақша.*

**Аванс есебі**. қ а р ж ы. *Белгілі бір жұмысты атқару, орындауға берілген қаражатты жұмсағаны үшін берілетін алғашқы есеп.*

**АВАНСТАУ** з а т. э к о н. *Өндіріске жұмсалған ақша қаражатының қосымша өнім құны түрінде өзінің бастапқы нүктесіне өсіммен қайтып оралатын экономикалық үдеріс.*

**АВАНСЫЛА=** е т. с ө й л. *Ақша не затты аванс ретінде беру.*

**АВАНСЫЛАУ** с ө й л. *Авансыла етістігінің қимыл атауы.*

**АВАНТЮРА** [франц. aventure] з а т. *Арандатушылық әрекет, көзбояушылық, тәуекелге бел байлап, оңай олжа іздеушілік.*

**АВАНТЮРАЛЫҚ** с ы н. *Авантюраға тән, соған қатысты.*

**АВАНТЮРИЗМ** з а т. *Авантюра жолына түсу, соған бойсұну.*

**АВАНТЮРИСТ** з а т. *Авантюра жолына түскен алааяқ адам, жақ.*

**АВАНТЮРИСТІК** с ы н. *Авантюриске тән қасиет.*

**АВАР** з а т. э т н о н. **1**. V ғ. *Дунай бойына қоныстанып, VIII ғ. дейін жеке, дербес мемлекет ретінде өмір сүрген түркі нәсілді тайпа.* **2.** *Дағыстан Республикасында тұратын халық және сол халықтың өкілі.*

**АВАРИЯ** [итал. avaria] з а т. ***Апат*** *(жүру, қозғалыс кезінде автокөліктің немесе зақымданып, өнеркәсіп тетігінің істен шығуына байланысты күйреуге ұшырауы).*

**Аварияға ұшырады [түсті].** *Апат көрді.*

**АВЕРАГИ** з а т. э к о н. *Тауардың орташа саны.*

**АВЕРС** з а т. қ а р ж ы. *Металл ақшаның, медальдің негізгі, бет жағы.*

**АВГИТ** [грек. auge] з а т. г е о л. *Түсі қара-жасыл, пироксен тобындағы жыныс түзуші минерал; магний, кальций, темір, алюминийдің күрделі силикаты.*

**АВГУСТ** [лат. augustus] з а т. ***Тамыз.***

**АВГУСТИАНИЗМ** з а т. д і н и. ф и л о с. *Құдаймен іштей қауышатындығына адамның сенімін арттыруды одан әрі нығайта түсетін христиандық философиялық ағым.*

**АВДОТКА** ор. з а т. с ө й л. ***Балықшы.***

**АВЕРАЖ** з а т. э к о н. *Нақты шығарылымдағы бағалы қағаздарды бағамының өзгеруіне қарай белгілі бір уақыт аралығында сатып алу немесе сатуға негізделген биржа ойынының түрі.*

**АВИА...** [лат. avis] *Еуропа тілдерінен енген күрделі кірме сөздердегі әуеге, авиацияға қатысты дегенді білдіретін сөз басында тұратын қосымша.*

**АВИААППАРАТ** [лат. avis – күс, apparatus – құрал] з а т. *Әуежайдың, ұшақтардың қозғалысын, жұмысын қамтамасыз ететін аппарат, құрал, әуеаппарат.*

**АВИААПАТ** з а т. *Әуе ұшағының істен шығу, соқтығысу салдарынан болған, апат,* әуеапат

**АВИАБАЗА** з а т. *Әскери әуе күштері немесе әуе қатынасы ұшақ бөлімдерін жабдықтайтын орын, әуебаза.*

**АВИАБАЙЛАНЫС** з а т. *Авиация арқылы жасалатын байланыс, әуебайланыс.*

**АВИАБОМБЫ** з а т. ә с к. *Ұшақпен аспаннан тасталатын бомбы, әуебомбы.*

**АВИАҒАРЫШТЫҚ** с ы н. *Авиациялық ғарышқа тән, әуеғарышқа арналған, әуеғарыштық.*

**АВИАДЕСАНТ** [лат. avis – күс, франц. descente – түсіру] з а т. ә с к. ***Әуе десанты.***

**АВИАЗАУЫТ** з а т. *Азаматтық, әскери ұшақ жасап шығаратын арнайы зауыт.*

**АВИАКАССА** [лат. avis – күс, итал. cassa – жәшік] з а т. ***Әуе кассасы.***

**АВИАКЛУБ** [лат. avis – күс, ағыл. club] з а т. *Авиация мамандарын дайындайтын, оларды оқытып, үйрететін клуб.*

**АВИАКОНСТРУКТОР** [лат. avis – күс, constructio – құрылыс] з а т. т е х. *Ұшақтарды, авиация саймандарының конструкциясын жасайтын маман инженер.*

**АВИАКӨКЖИЕК** з а т. ә с к. *Көкжиекке қатысты алғанда кеңістіктегі ұшақ орнын анықтауға арналған навигациялық гироскопиялық аспап.*

**АВИАКӨЛІК** з а т. а в и а ц. ***Әуекөлік*** *(әуе жолдары арқылы жолаушылар және жүк тасымалына арналған көлік).*

**АВИАҚҰРЫЛЫС** з а т. *Авиацияға қажет саймандар мен ұшақ аспаптарын өндіретін өнеркәсіп саласы, әуеқұрылыс.*

**АВИАЛАЙНЕР** з а т. а в и а ц. ***Әуелайнер*** *(жолаушылар мен жүк тасымалына арналған ұшақ).*

**АВИАМЕКТЕП** з а т. *Авиация мамандарын дайындап шығаратын арнайы оқу орны.*

**АВИАМОДЕЛЬ** [лат. avis – күс, modulus – өлшем] з а т. *Ұшақтың және басқа да әуе аппараттарының үлгісі.*

**АВИАМОДЕЛИЗМ** з а т. *Техникалық немесе спорттық мақсатта ұшу аппараттарын құру, жасау, сынақтан өткізу.*

**АВИАМОДЕЛЬШІ** з а т. *Авиамодель жасаумен айналысатын маман.*

**АВИАПОШТА** з а т. ***Әуе поштасы.***

**АВИАСАЛОН** з а т. а в и а ц. ***Әуесалон*** *(әуе көліктерінің көрмесі).*

**АВИАСПОРТ** з а т. ***Әуе спорты.***

**АВИАТАСУШЫ** з а т. а в и а ц. *Әуе жолдары арқылы жүк пен жолаушыларды бір жерден екінші жерге жеткізуші, тасымалдаушы мекеме немесе құрал.*

**АВИАТАСЫМАЛ** з а т. а в и а ц. ***Әуетасымал*** *(әуе кемелері арқылы жүк пен жолаушыларды бір жерден екінші жерге жеткізу, көшіру, тасу тәсілі).*

**АВИАТАСЫМАЛДАУ** з а т. а в и а ц. ***Әуетасымалдау*** *(әуе кемелері арқылы жүк пен жолаушыларды бір жерден екінші жерге жеткізу, көшіру, тасу қызметі).*

**АВИАТЕХНИКУМ** з а т. *Авиация бойынша орта дәрежелі техникалық білім беретін оқу орны.*

**АВИАТОЗАҢДАНДЫРУ** е т. а у ы л ш а р. *Егінжай, бау-бақша зиянкестерін жою үшін ұшақпен улы химикаттарды тозаңдатып шашу.*

**АВИАТОР** [франц. aviateur] з а т. *Ұшатын аппаратты басқарушы, ұшқыш.*

**АВИАТРАССА** з а т. *Ұшақтардың қону, ұшу жолы; ұшақтардың тұрақты түрде үнемі ұшатын бағдары (маршруты).*

**АВИАТҮСІРУ** з а т. т е р м. *Ұшақпен жердің не басқа бір нысанның (объектінің) суретін түсіру ісі.*

**АВИАХИМКҮРЕС** з а т. а у ы л ш а р. *Зиянды ағзаларды жою не үркіту үшін жасалатын авиахимиялық күрес ұғымын білдіретін қысқарған сөз.*

**АВИАЦИЯ** [франц. aviation] з а т. **1**. *Әуе қатынасы құралдарының жиынтығы, әуе флоты.* **2**. *Ұшу аппараттарының (ауадан*

*ауыр) әуедегі қозғалысының теориясы мен практикасы.* **3**. сөйл. *Әуе әскери күштері.*

**Авиация қаруы**. әск. *Әскери ұшақтар мен басқа да ұшатын аппараттарға қолданылатын, қарсылас нысанасын жоятын құрал-жабдықтар.*

**АВИАЦИЯЛЫҚ** сын. *Авиацияға қатысты, авиацияға тән.*

**Авиациялық бомбы**. әск. *Бомба тастаушы ұшақтардан жер үстіндегі нысаналарға түсірілетін авиациялық оқ-дәрі, алуан түрлі бомбының түрі.* **Авиациялық жасақ**. әск. *Өз күшімен тактикалық тапсырмалар орындауға арналған авиациялық бөлімше.* **Авиациялық зымыран**. әск. *Жер үстіндегі, судағы, әуедегі нысаналарды аппарат арқылы жоюға арналған қару, зымыран.* **Авиациялық майлар.** *Авиациялық қозғалтқыштарды майлауға қолданылатын тазаланған мұнай майлары.* **Авиациялық полигон**. әск. *Ұшу аппараттарын сынайтын, арнайы жасалған аймақ.*

**АВИАЦИЯШЫ** зат. сөйл. *Авиацияда істеуші.*

**АВИАШОУ** [лат. avis – құс, ағыл. show – көрсетілім] зат. *Ұшақтардың қатысуымен, жаңа авиациялық техниканы, ұшқыштар шеберлігін және т.б. көрсету үшін өтетін мерекелік көрсетілім.*

**АВИСТА** [итал. a vista] зат. экон. **1.** *Вексельдегі немесе қандай да болсын ақшалай есеп айырысулардағы жазу.* **2.** *Ұсынушыға арналған вексель, мұнда төлем мерзімі көрсетілмейді және оның кез келген уақытта төлеуге ұсынылуы мүмкін.*

**АВИЗО** [итал. avviso] зат. экон. *Өнімнің жөнелтілгені және ақша аударылғаны туралы немесе шарт бойынша белгілі бір міндеттемелер алған кісәпорындар арасындағы өзара есеп айырысуда болған өзгерістер туралы алушыны хабардар ететін банк жүйесінде қолданылатын хат.*

**АВИТАМИНОЗ** [грек. a – бей, жоқ, лат. vita – өмір] зат. мед. *Ағзада тиісті дәрумендердің жетіспеуінен пайда болатын (құныс, мешел, цинга, пеллагра сияқты) аурулар.*

**АВИТАМИНОЗДАР** зат. мед. *Дәрумен жеткіліксіздігінен не жоқтығынан пайда болып, тірі ағзаға зиян тигізетін аурулар.*

**АВИФАУНА** зат. *Белгілі бір аймаққа ұшып келіп, тұрақты маусым бойы және кездейсоқ тіршілік ететін құстар жиынтығы.*

**АВЛАКОГЕН** [грек. aulax – жырма, denes – жаралу, туу] зат. геол. *Платформаның іргетасын қиып өтетін терең жарылымдарымен шектеліп, ұзынша созылған қозғалмалы тектоник құрылым.*

**АВОКАДО** [португ. abacate] зат. *Жемісін жеуге болатын мәңгі жасыл тропикалық ағаш және соның жемісі.*

**АВОМОРИН** зат. тамақ. *Алма шырынынан алынған түссіздендіруге пайдаланылатын зат.*

**АВРАЛ** [ағыл. over all] зат. әск. *Кеме командасының барлығы немесе көпшілігі бірден жұмыла кірісіп орындалатын жұмыс.*

**АВСТРОКОБИТИС** зат. балықшар. *Тек қана оңтүстік жер шарында таралған галакси тұқымдарына жататын еті дәмді, семіз балық.*

**АВТАРКИЯ** [грек. autarkeia] зат. тар. *Елдің шаруашылық жағынан оқшаулану саясаты, өзін- өзі қамтамасыз ететін экономика жасау ісі.*

**АВТО...** [грек. autos] *Еуропа тілдерінен енген күрделі кірме сөздерде өздігінен қозғалатын, өздігінен жүретін т.б. осы сияқты мағынаны білдіретін сөз басындағы құрамдас бөлігі.*

**АВТОАЛАҢ** зат. көлік. *Автокөліктер қозғалысына арналған аумақ.*

**АВТОАРА** зат. тех. *Электр қуатының күшімен ағашты автоматты түрде кесетін ара.*

**АВТОАСПА** зат. тех. *Мәшинеге тіркелетін және автоматты түрде тіркеліп ажыратылатын тетік.*

**АВТОАУДАРҒЫШ** зат. тех. *Бортты автокөліктердің қораптарындағы жүктерді өзі түсіретін мәшине.*

**АВТОАЯЛДАМА** зат. тех. *Техникалық құралдағы немесе т.с. қандай да бір операцияның автоматты түрде тоқтатылуы.*

**АВТОӘУЕСҚОЙ** зат. көлік. *Жеке автокөлігі бар немесе көлік жүргізуді ермек еткен адам.*

**АВТОБАЗА** зат. көлік. *Автокөліктер тұратын және оларды жөндейтін орын.*

**АВТОБАН** [нем. Autobahn] зат. *Автокөліктердің жоғары жылдамдықпен жүруіне арналған кең магистраль.*

**АВТОБЕКЕТ** зат. *Алыс жолдарға адам таситын автокөліктердің аялдайтын, тұратын орны.*

**АВТОБЕТОНАРАЛАСТЫРҒЫШ** зат. көлік. *Айналмалы бетон таситын сыйымды ыдысы бар жүк автокөлігі.*

**АВТОБЕТОНТАСЫҒЫШ** зат. көлік. *Бетон таситын жүк автокөлігі.*

**АВТОБИТУМТАСЫҒЫШ** зат. көлік. *Битум тасуға арналған жүк автокөлігі.*

**АВТОБЛОКТАУ** зат. көлік. *Пойыздар қозғалымын реттеудің автоматты жүйесі.*

**АВТОБУС** [нем. Autobus] зат. *Жүргіншілер таситын көп орынды автокөлік.*

**Автобус бағдары [бағыты].** зат. *Белгілі бір кестемен жүретін автобустың бағыты, қатынасы.* **Автобус қатынасы**. *Елді мекендер арасында автобус көлігі арқылы жүзеге асырылатын жолаушылар тасымалы.* **Автобус паркі**. *Автобустар қоятын жай.*

**АВТОВОКЗАЛ** зат. *Қалааралық автобустар тоқтайтын, жолаушылар сапар шегетін орын.*

**АВТОГАМИЯ** зат. биол. *Төменгі сатыдағы ағзалардың бір аналық жасушадағы екі ядросы қосылуынан жаңа ұрпақтың өсіп жетілу құбылысы.*

**АВТОГАРАЖ** зат. *Автомобильдер тұратын, жөндеуден өтетін орын.*

**АВТОГЕН** [грек. autogene] зат. тех. *Аса күшті температура арқылы металды кесу не жалғастыру құралы.*

**АВТОГЕНЕРАТОР** зат. электр. *Тұрақты ток көзінің қуатын пайдаланып, өздігінен қозатын, белгілі жиіліктегі және амплитудадағы гармониялық тербелістерді немесе белгілі бір ұзақтығы мен амплитудасы бар импульстік сигналдарды тудыратын электрондық схема.*

**АВТОГЕНШІ** зат. *Автоген маманы, автогенмен жұмыс істеуші шебер.*

**АВТОГОЛ** [грек. autos – өзім, ағыл. goal – гол] зат. спорт. *Әдетте байқамай болатын, ойыншының өз қақпасын алуы, өзіне гол кіргізуі.*

**АВТОГРАФ** [грек. autos – өзім, grapho – жазамын] зат. **1**. *Автордың өз туындысы, өз қолжазбасы.* **2**. *Кітап, сурет және т.б. мәдени ескерткіш сияқты заттарға автордың өз қолынан шыққан жазуы мен қойған қолы, меншікті қолтаңба.*

**АВТОГУДРОНДАҒЫШ** зат. көлік. *Тұқыр органикалық материалдарды тасымалдап, таратуға арналған пневмодөңгелекті автожүк көлігі.*

**АВТОДАБЫЛ** зат. тех. *Автокөліктерді бөгде біреулердің зақымдауынан, ұрлап кетуінен сақтайтын, арнайы дабыл беріп отыратын құрылғы.*

**АВТОДАҢҒЫЛ** зат. спорт. *Кесекөлденең не басқалай қиып өтетін тармақтары жоқ автокөлік кең тік жол.*

**АВТОДӘЛІЗ** зат. көлік. *Автокөлік қозғалысына арналған екі ел, екі қала, т.б. арасын қосатын ірі жол.*

**АВТОДӘРІЛЕГІШ: автодәрілегіш қондырғы**. ауылшар. *Мал фермасын, құс қораларын, астық және көкөніс сақталатын қоймаларды автоматты түрде дәрілеп, өңдейтін мәшине.*

**АВТОДИЗАЙН** [грек. autos – өзім, ағыл. design – дизайн] зат. көлік. *Көліктің эстетикалық көрінісін жобалау.*

**АВТОДИЗАЙНЕР** [грек. autos – өзім, ағыл. designer – дизайнер] зат. көлік. *Автодизайн бойынша маман.*

**АВТОДИСПЕТЧЕР** зат. *Автокөлік, энергетикалық т.б. мекемелерді басқаратын, реттейтін автоматты жүйе.*

**АВТОДРОМ** [франц. autodrome] зат. *Автомобиль сынағын, жарысын өткізуге арнайы дайындалған орын.*

**АВТОДҮКЕН** зат. *Автомәшинелерге орнатылып, алыстағы ауылдар мен жайлаудағы адамдарға зат сататын дүкен.*

**АВТОЖАРЫС** зат. *Автокөліктер жарысы.*

**АВТОЖАУАП** зат. *Компьютер желілеріндегі келіп түскен шақыруларға модемнің (оны тұтынушы адамның бар болуына қарамастан) автоматты түрде жауап беруі.*

**АВТОЖИР** зат. ***Тікұшақ***.

**АВТОЖОЛ** зат. *Автокөлікке арнап төселген тас не асфальт жол.*

**АВТОЖОРЫҚ** зат. *Белгілі бір мақсатпен, көбіне спорт бойынша ұйымдастырылған автокөлік шеруі.*

**АВТОЖУУ** зат. *Автокөліктерді жуып тазартатын орын.*

**АВТОЗАУЫТ** зат. *Автомобиль жасайтын, түрлі автомобиль шығаратын зауыт.*

**АВТОИНСПЕКТОР** зат. *Автокөліктер жүруінің тәртіп жүйесін, жүргізушінің құқын бақылайтын жол полициясының жауапты өкілі.*

**АВТОИНСПЕКЦИЯ** зат. *Автокөліктерді және оларды жүргізушілердің тәртіп жүйесін бақылайтын орын, мекеме.*

**АВТОКАТАЛИЗ** [грек. autos – өзім, katalysis – бүліну] зат. хим. *Катализатордың рөлін ойнайтын элементтің бірінің қатысуымен химиялық реакцияны тездету.*

**АВТОКЕРУЕН** зат. *Автокөліктер шеруі, автокөліктердің тізіліп қатар түзеп қозғалуы.*

**АВТОКЕСКІШ** зат. тех. *Металды ыстықпен өңдеу, бөлшектеуге арналған құрал.*

**АВТОКЛАВ** зат. тех. *Герметикалық қақпақтармен жабылатын цилиндр ыдыс түріндегі қыздыру немесе жоғары қысым арқылы түрлі үдерістерді жүргізуге арналған аппарат.*

**АВТОКЛУБ** зат. совет. *Автомобильге қондырылған көшпелі клуб.*

**АВТОКОД** [грек. autos – өзім, франц. code – код] зат. инф. *Бағдарламалау тілінің бір түрі; автокодтың кеңінен тараған нұсқасында оның әрбір символы компьютердің бір бұйрығына айналады.*

**АВТОКОЛОННА** зат. *Алыс сапарға, жолға шыққанда тізбектеле жүретін мәшинелер тобы.*

**АВТОКӨЛІК** зат. *Жолаушы, жүк таситын ауыр не жеңіл мәшине.*

**Автокөлік базары**. *Автокөлік және оған қажетті құрал-саймандар сатылатын сауда орны.*

**АВТОКӨЛІКТІК** сын. *Автокөлікке қатысты.*

**АВТОКРАН** [грек. autos – өзім, нем. Kran] зат. тех. *Автомобиль шассиіне орнатылған көтергіш кран.*

**АВТОКРАТ** зат. саяси. *Мемлекет басқаруды шексіз билік жүргізу жолымен жүзеге асыруды қолдаушы немесе сондай билік иесі.*

**АВТОКРАТИЯ** зат. саяси. *Мемлекет басқаруды шексіз билік жүргізу жолымен жүзеге асырудың түрі.*

**АВТОКРАТИЯЛЫҚ** саяси. *Автократияға қатысты.*

**АВТОҚАЛАМ** зат. *Ішіне сиясы автоматты түрде толтырылған қалам.*

**АВТОҚАЛАШЫҚ** зат. көлік. *Уақытша бірнеше айға далада орналасып жабдықталған автокөлік кәсіпорны (мысалы, бір шаруашылықтың ауылшаруашылық жұмысын атқару үшін).*

**АВТОҚОСПА** зат. көлік. *Автокөліктерге арналған жанармай қоспасы.*

**АВТОЛ** зат. тех. *Автокөлік, трактор т.б. қозғалтқыштарын майлайтын май, мұнайдан өңделген өнім.*

**АВТОЛАВКА** ор. зат. сөйл. ***Автодүкен***.

**АВТОЛИЗ** [грек. autos – өзім, lysis – бөліну, ыдырау] зат. хим. биол. *Өздерінің ұлпаларында бар ферменттердің әсерінен жануар немесе өсімдік ұлпаларының өздігінен еріп жоқ болуы, ыдырауы.*

**АВТОМАГИСТРАЛЬ** зат. көлік. *Әр бағыттағы қозғалыстар жолақтары бөлек болатын жоғары жылдамдықпен жүруге арнайы жабдықталған автокөлік тасжолы.*

**АВТОМАТ** [грек. automatos] зат. **1**. тех. *Тапсырылған бағдарлама бойынша адам қатысынсыз өздігінен жұмыс істейтін жабдық, құрал, аппарат.* **2**. әск. *Оқшашар-пистолет, индивидуалды оқатқыш.*

**АВТОМАТИЗМ** [грек. automatos] зат. псих. *Іс-әрекеттің, қимылдың ешбір нақты ойға негізделмей, кездейсоқ орындалуы.*

**АВТОМАТИКА** зат. тех. **1**. *Өндіріс процестерін автоматтандырудың әдісі мен тәсілін қарастыратын ғылым мен техника саласы.* **2**. *Өздігінен автоматты түрде істейтін мәшинелер мен аспаптар жиынтығы.*

**АВТОМАТТАЛ=** ет. сөйл. ***Автоматтан***.

**АВТОМАТТАН=** ет. *Автоматты мәшинелерді қолдану ісіне көшу.*

**АВТОМАТТАНДЫР=** ет. *Автоматты қолдандыру, автомат ісіне көшкізу.*

**АВТОМАТТАНДЫРУ** зат. тех. *Өндіріс процесінде белгілі бір жұмыстарды өздігінен жүргізу үшін жасалған механизм тетігін жүйеге түсірту.*

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛ=** ет. *Автоматқа келтірілу, автоматты еткізу.*

**Автоматтандырылған ақпараттық жүйе**. инф. *Ақпаратты жинауға, сақтауға, іздеуге және сұраным бойынша талап етушіге жеткізуге арналған бағдарламалық және техникалық құралдар кешені.*

**АВТОМАТТАНУ** *Автоматтан етістігінің қимыл атауы.*

**АВТОМАТ-ТЕЛЕФОН** зат. *Тиын төлеп немесе арнайы карта салу арқылы сөйлесетін телефон.*

**АВТОМАТТЫ** сын. тех. *Автоматталған, автомат жүйесіне енген.*

**Автоматты аударма**. лингв. *Бір тілдегі мәтінді екінші тілге арнаулы компьютер бағдарламасының көмегімен аудару.* **Автоматты желі**. тех. *Өндіріс өнімін дайындауды автоматты түрде орындайтын мәшинелер жүйесі.* **Автоматты қондырғы**. зат. тех. *Технологиялық үрдістердің адам қатысуынсыз орындалуын іске асыратын техникалық қондырғы.* **Автоматты таразы**. тех. *Тамақ өнеркәсібіндегі сұйықтықтарды мөлшерлеу үдерісін автоматты түрде жүргізетін таразылар.* **Автоматты түрде**. *Әдеттегідей, дағды бойынша.* **Автоматты түрде басқару.** *Есептеу техникасын автоматты құрылғылар мен экономикалық-математикалық әдістерді енгізе отырып басқару.*

**АВТОМАТТЫҚ** сын. тех. *Автоматталған, автоматты түрде жұмыс істейтін.*

**АВТОМАТШЫ** зат. әск. *Автомат мылтықпен қаруланған жауынгер, атқыш.*

**АВТОМӘШИНЕ** зат. *Жүк, жолаушы таситын автокөлік, автомобиль.*

**АВТОМЕХАНИК** зат. *Автомәшинелерді жөндейтін маман.*

**АВТОМОБИЛЬ** [франц. automobile] зат. *Рельссіз жолдармен жолаушы, жүк таситын, іштен жану қозғалтқышы бар, өздігінен жүретін мәшине.*

**Автомобиль паркі**. *Автокөліктер тұратын жай, оларды жөндейтін орын.*

**АВТОМОБИЛЬШІ** зат. *Автомобиль жүргізуші, шофер.*

**АВТОМОДЕЛЬ** зат. көлік. *Барлық ерекшеліктерін сақтап, кішірейтіп жасалған автомобильдің үлгісі.*

**АВТОМОТОАЛАҢҚАЙ** зат. спорт. *Автомобиль және мотоциклдермен әртүрлі жарыстар өткізуге арналған арнайы құрылыс.*

**АВТОМОТОДРОМ** зат. спорт. ***Автомотоалаңқай***.

**АВТОМОТОКЛУБ** зат. спорт. *Автомобиль және мотоцикл спорты бойынша оқу-жаттығу, әдістемелік жұмыстарды жүргізуге арналған орталық.*

**АВТОМОТОМЕКТЕП** зат. спорт. *Автомобиль және мотоцикл жүргізушілерін дайындайтын оқу орны.*

**АВТОМОТОСПОРТ** зат. спорт. *Автомобиль және мотоцикл жарыстары спорты.*

**АВТОМОТРИСА** зат. көлік. *Әдетте басқа вагондар жалғанбай жеке-дара қолданылатын жолаушылар мен теміржол қызметшілерін тасымалдауға арналған моторлы, өздігінен жүретін теміржол вагоны.*

**АВТОНАУА** зат. *Малды автоматтық жолмен суаратын науа, астау.*

**АВТОНЕСИЕ** [грек. autos – өзім + несие] зат. қаржы. *Автокөлік сатып алу үшін алынған несие.*

**АВТОНИМ** [грек. autos. – өзім, лат. creditum – несие] зат. кіт. *Автордың жалған аты (автонимді анықтау, құжаттарға автортану сараптамасын жүргізу негізінде шешіледі).*

**АВТОНОМДЫ** сын. *Автономияға ие болған, автономия алған, дербес, өз билігі өзінде.*

**АВТОНОМИЯ** [грек. autonomia] зат. *Бір ірі мемлекеттің ішіндегі өлке, облыс, республикаға және т.б. саяси жағынан өзін-өзі билеу, басқаруына құқық беру, тәуелсіз болу, егемендік.*

**АВТОНОМИЯЛЫ** сын. *Автономия алған, автономияға ие, дербес, жеке.*

**АВТОНОМИЯЛЫҚ** сын. *Автономияға қатысты.*

**АВТООРТАЛЫҚ** зат. *Автокөлік сатумен айналысатын ірі сауда орны.*

**АВТООТЫН** зат. көлік. *Автокөліктер қозғалысына, жылу энергиясын қозғалыс (кинетикалық) энергияға айналдыруға қажетті отын.*

**АВТОӨНЕРКӘСІП** зат. *Автокөліктер өндірумен айналысатын кәсіпорындар жиынтығы.*

**АВТОПАРК** зат. көлік. *Автобустарға техникалық қызмет көрсететін эксплуатациялық кәсіпорын, автобус паркі.*

**АВТОПАТРУЛЬ** зат. *Көлік қозғалысының жол ережелеріне сәйкестігін тексеретін жол полициясының көлікті тобы.*

**АВТОПИЛОТ** [грек. autos – өзім, франц. pilote – ұшқыш] зат. тех. *Ұшатын аппараттарды автоматты түрде басқару үшін қолданылатын техникалық қондырғы.*

**АВТОПОЙЫЗ** зат. *Бірнеше автомәшинені тіркестірген автомобильдер қатары.*

**АВТОПОРТРЕТ** [грек. autos – өзім, франц. portrait – сурет] зат. *Суретшінің өз бейнесін өзі салғандағы суреті, шығармасы, туындысы.*

**АВТОР** [лат. au(c)tor] зат. **1**. *Белгілі бір көркем шығарма, ғылыми еңбек, жобаны жазған адам, соның иесі.* **2**. ауыс. *Белгілі бір жағымды не жағымсыз оқиғаға, жайтқа себепкер болған адам.*

**Авторлар ұжымы**. *Ғылыми, әдеби т.б. еңбектерді жазуға қатысқан адамдар тобы, авторлар құрамы.*

**АВТОРЕЖІМ** зат. тех. *Көліктің тежелу тәртібін реттеуші автоматты құрылғы.*

**АВТОРЕТТЕГІШ** зат. тех. *Тежегіштік рычагтік берілістерді реттеуші құрылғы.*

**АВТОРЕФЕРАТ** [грек. autos – өзім, referre – баяндау] зат. ғыл. *Автор жазған ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұны.*

**АВТОРИТАРИЗМ** [франц. autoritarisme] зат. саяси. *Әдетте жеке адамның билігі мен беделіне сөзсіз мойынсұнушылыққа негізделіп құрылатын, демократияға қарама-қарсы билік жүйесі.*

**Авторитарлы саяси жүйе.** саяси. *Қоғамның саяси өміріне бұқараның қатысуы өте шектеулі болатын, заңдылығының негізі дәстүр мен билеушінің харизмалық тұлғасы болып табылатын демократияға қарама-қайшы өтпелі саяси жүйе.*

**АВТОРИТАРЛЫҚ** зат. саяси. *Билікке, беделге сөзсіз мойынсұнуға негізделгендік. // Билікке, беделге сөзсіз бағынушылық.*

**АВТОРИТАРЛЫҚ-БЮРОКРАТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Диктаторлық типтегі саяси режім мен жасанды қағазбастылыққа қатысты.*

**АВТОРЛАСТЫРУ** зат. құқық. <ағыл. autorization> *Қандай да бір әрекеттерді орындау үшін жеке тұлғаға немесе тұлғалар тобына құқық берушілік.*

**АВТОРЛЫҚ** сын. *Авторға тікелей қатысты, авторға тән.*

**Авторлық дана**. *Жарыққа шыққан кітап, монография, сөздік және т.б. шығармашылық жазба еңбектің авторына берілетін, оған тиісті данасы.* **Авторлық куәлік.** *Технологиялық мақсаттарды шешетін әдістер мен қандай да бір құрылғыларды ойлап шығару құқығын куәландыратын құжат.* **Авторлық құқық.** заң. <ағыл. copyright> *Азаматтық құқықтың ғылым, әдебиет және өнер т.б. туындыларын пайдалануға байланысты туындайтын қарым-қатынастарды реттейтін саласы.* **Авторлық шарт**. заң. *Автор шығармасының өзіне тиесілі екендігін белгілейтін азаматтық-құқықтық келісім, шарт.*

**АВТОРТАНУ** [грек. autos – өзім, logos – ілім] зат. әдеб. *Көркем әдеби шығарманың авторы туралы ғылым саласы.*

**Автортану сараптамасы**. з а ң. *Шығарманың, өнер туындысының, қандай да бір мәтінінің белгілі бір авторға тәндігін айқындау немесе авторын анықтау мақсатындағы криминалистік зерттеу түрі.*

**АВТОРТАНУШЫЛЫҚ** с ы н. ә д е б. *Автортануға қатысты. Автортанушылық зерттеу.*

**АВТОСАДЫРАШАШҚЫШ** з а т. а у ы л ш а р. *Егістікке садыра шашатын автоматы қондырғы.*

**АВТОСАПАР** з а т. *Автокөлікпен жол жүрушілік.*

**АВТОСАУҒЫШ** з а т. а у ы л ш а р. *Ірі қара фермаларында сиырды электрлі автомат құралмен сауатын жабдық.*

**АВТОСАЯХАТ** з а т. *Автокөлік саяхаты.*

**АВТОСАЯХАТШЫ** з а т. *Автокөлікпен саяхат жасаушы.*

**АВТОСЕРВИС** з а т. *Халыққа автомобильдерді жөндеу, техникалық тексерістен өткізу қызметтерін көрсететін мекеме.*

**АВТОСОҚА** з а т. а у ы л ш а р. *Тракторға тіркелген, белгілі бір тетіктің көмегімен басқару арқылы өздігінен жер жыртатын соқа.*

**АВТОСТАНСЫ** з а т. ***Автобекет***.

**АВТОСУАРҒЫШ** з а т. а у ы л ш а р. *Су құятын астауға мал тұмсығы тигенде электр тетігі қосылып, өздігінен астауға су толып, мал басын көтергенде қалтқысы өздігінен тоқтайтын автоматты суару жүйесі.*

**АВТОСУАТ** з а т. а у ы л ш а р. *Мал суаруға икемделген, су автоматты түрде құйылып тұратын қондырғы.*

**АВТОСҰРАУ** з а т. и н ф. *Интернет тегі әлеуметтік желілер қатысушыларынан басқаларға автоматты түрде жіберілетін сұраулар.*

**АВТОСЫЛАҚТАСЫҒЫШ** з а т. к ө л і к. *Құрылыс сылақ материалдарын тасымалдау, таратуға арналған автокөлік.*

**АВТОТАРАЗЫ** з а т. к ө л і к. *Жүк тиелген ауыр мәшиненің салмағын өлшейтін автомат таразы.*

**АВТОТАРТҚЫШ** з а т. к ө л і к. *Тіркемелерді жетекке алуға арналған арнайы автокөлік.*

**АВТОТАСЫМАЛ** з а т. т е х. *Жүктерді автоматты жүйемен тасымалдау.*

**АВТОТЕЖЕГІШ** з а т. к ө л і к. *Іске автоматты түрде қосылатын тежегіш.*

**АВТОТЕЖЕУІШ** з а т. к ө л і к. <грек. autos – өзім, tormos – дөңгелектің айналуын тежейтін шеге тетігі> *Теміржол вагондарында, т.б. көліктерде болатын автоматты жүйелерді тоқтату үшін қолданылатын тетік.*

**АВТОТЕРБЕЛМЕЛІ** с ы н. ф и з. *Автотербелісі бар, автотербеліс тән.*

**АВТОТЕРБЕЛІС** з а т. ф и з. *Кейбір энергия көзінің әсерінен туатын тербеліс.*

**АВТОТИЕУІШ** з а т. т е х. *Жүкті өздігінен автоматты түрде тиейтін, көтергіш аспап.*

**АВТОТОҚТАТҚЫШ** з а т. к ө л і к. *Жүргізушінің келісімімен жолшыбай келе жатқан көлікпен жүретін жолаушылық түрі.*

**АВТОТРАНСФОРМАТОР** [грек. autos – өзім, лат. transformare – өзгерту]. з а т. т е х. *Электр тоғының қуатын мөлшерлеп, реттеп отыратын, бақылаушы аспап.*

**АВТОТРЕК** з а т. с п о р т. *Автокөлікке арналған жол.*

**АВТОТРОПИЗМ** [грек. autos – өзім, tropos – бағыт, бұрылыс] з а т. б о т. *Сыртқы тітіркендіргіш әсерінен бұрылып, қисайған өсімдік мүшесінің сол әсер тоқталғаннан кейін қайтадан қалпына келу құбылысы.*

**АВТОТРОФТАР** з а т. б и о л. *Күн энергиясын пайдаланып, бейорганикалық заттардан органикалық заттар түзіп қоректенетін ағзалар.*

**АВТОТРОФТЫ** [грек. autos – өзім, trophe – қорек]: **автотрофты ағза**. б и о л. *Органикалық емес заттардан тіршілігіне қажетті органикалық заттар синтездеп алатын ағза.*

**АВТОТУРИЗМ** з а т. *Автокөлікпен жасалатын туристік саяхат.*

**АВТОТУРИСТ** з а т. *Автотуризммен шұғылданушы адам, автокөлікпен саяхатқа шыққан жолаушы.*

**АВТОТҰРАҚ** з а т. *Автокөліктер тұратын арнаулы орын.*

**АВТОТҰРМЫСТЫҚ: автотұрмыстық шеберхана.** з а т. с о в е т. *Әртүрлі тұрмыстық қызмет көрсететін автокөліктерге орнатылған жылжымалы шеберхана.*

**АВТОТҮСІРГІШ** з а т. т е х. *Өзіне тиелген жүкті өзі түсіретін автомәшине.*

**АВТОТІРКЕМЕ** з а т. к ө л і к. *Автопойыз құрамындағы жүк тасымалдауға арналған автокөлікпен тіркесетін көлік құралы.*

**АВТОТІРКЕГІШ** з а т. т е х. *Ауыл шаруашылығы мәшинелерін тракторға немесе басқа мәшинеге тіркеуді автоматты түрде атқаратын құрал.*

**АВТОТІРКЕУІШ** з а т. к ө л і к. *Теміржол вагондарын автоматты түрде тіркейтін қондырғы.*

**АВТОУАҚЫТӨЛШЕГІШ** з а т. к ө л і к. *Арнайы аспаптар арқылы жүзеге асырылатын уақытты автоматты тіркеу үдерісі.*

**АВТОҰШҚЫШ** з а т. а в и а ц. *Ұшу аппаратын автоматты басқаруға арналған құрылғы.*

**АВТОФУРГОН** [грек. autos – өзім, франц. fourgon – күйме] з а т. *Азық-түлік, жүк тасу үшін арнайы жабдықталған жабық автокөлік.*

**АВТОХТОН** [грек. autochthon] з а т. т е р м. **1**. *Жаратылысынан бері белгілі мекенде өсетін байырғы өсімдіктер мен жануарлар.* **2**. *Қандай да бір елдің алғаш кеп қоныстанған негізгі, түпкілікті тұрғыны, аборигендері.*

**АВТОХТОНДЫҚ: автохтондық шөгінділер**. г е о г р. *Әуелдегі жаралу орнында жатқан тау жыныстары мен пайдалы қазбалар (торф, көмір, саз т.б.).*

**АВТОЦЕМЕНТТАСЫҒЫШ** з а т. к ө л і к. *Автокөлік жолдары арқылы цемент, т.б. ұнтақ материалдарды сыртқы орауышсыз тасымалдауға арналған автокөлік.*

**АВТОШАБАНДОЗ** з а т. с п о р т. *Автокөлік жарыстарына қатысушы спортшы.*

**АВТОШАНА** з а т. *Мотор қуатының автомат тетігі арқылы жүретін шана.*

**АВТОШАНАШ** з а т. к ө л і к. *Түрлі сұйық немесе басқа да заттарды таситын сыйымды ыдысы (цистернасы) бар жүк автокөлігі.*

**АВТОШЕБЕРХАНА** з а т. *Автокөлікке орнатылған шеберхана.*

**АВТОШЕРУ** з а т. к ө л і к. *Қандай да бір мақсатты үгіттеу, насихаттау шарасы ретінде ұйымдастырылатын автокөліктердің белгілі бір бағдармен салтанатты қозғалысы.*

**АВТОШИНА** з а т. к ө л і к. *Автокөлік дөңгелегінің резеңкеден жасалған бір бөлігі.*

**АВТОШТУРМАН** [грек. autos – өзім, голл. stuurman] з а т. т е х. *Ұшу аппаратының қозғалысын автоматты түрде басқаратын қондырғы.*

**АВТОШЫҒЫР** з а т. т е х. *Автокөлікке орнатылған, ауыр жүк көтеретін шығыр.*

**АВТОІЛМЕ** з а т. к ө л і к. *Әдетте теміржол көліктері вагондарында кең қолданылатын жылжымалы құрамның бөліктерін адамның қатысуынсыз бір-біріне жалғауды жүзеге асыратын автоматты құрылғы.*

**АВТОЭЛЕКТРИК** з а т. *Электр жүйесі мамандарының бірі.*

**АВУАРЛАР** [франц. avoir] з а т. э к о н. *Басқа елдің валютасы түрінде шетел банкісінің есебінде болатын банк қаржысы.*

**АВЮТОРГА** з а т. т а м а қ. *Қара теңізде өмір суретін тікенді балықтың (кефаль) тұздалған уылдырығы.*

**АГА** з а т. з о о л. <лат. bufo marinus> *Құйрықсыз қосмекенділердің ең бір ірі түрі, дәу құрбақа.*

**АГАВА** [грек. agave] з а т. ө с. *Амариллис тұқымдасына жататын тропикалық көпжылдық, қалың, қатты жапырақты шөптесін өсімдік.*

**АГАЛАКТИЯ** [грек. a — жоқ, лат. lac — сүт] з а т. в е т. *Желіннен сүт шықпау, сүтсіздік немесе азсүттілік, аналық малды дұрыс азықтандырмаудан, бағып күтпеуден, аурудың немесе іштен туа болған ауытқудың салдарынан дамитын сауу кезеңінің ақауы.*

**АГАМА** [лат. agamidae] з а т. з о о л. *Кесірткелер тобына жататын айдаһар тәрізді жануар.*

**АГАМОГАНИЯ** [грек. agamos – некесіз, gonos – туу, дүниеге келу] з а т. б и о л. *Жасушалардың қарапайым жолмен екіге бөлінуі, сондай-ақ бүршіктену немесе көп жасуша түзу арқылы ағзалардың жыныссыз бөлініп көбеюі.*

**АГАМОНТ** з а т. б и о л. *Тікелей бөліну және бүршіктену арқылы көбеюге қатысатын жасушалар.*

**АГАРАН** з а т. т а м а қ. *Түрікмендердің түйе сүтінен алатын кілегейі.*

**АГАРИК: агарик тұқымдастар**. б о т. <лат. agaricales> *Базидиолицит тобының гименолициттер қатарына жататын саңырауқұлақтар.*

**АГАТ** [грек. achates] з а т. м и н. *Кварцтекті асыл тас.*

**АГИСПЕЛАГУС** з а т. з о о л. *Қазбадан табылған қоян тұқымдас кеміргіш жануар.*

**АГГЛЮТИНАТИВ: агглютинатив тілдер**. л и н г в. ***Жалғамалы тілдер***.

**АГГЛЮТИНАТИВТІ** с ы н. л и н г в. *Түбір сөздің соңынан не алдынан түрлі қосымшалар жалғану арқылы жаңа сөздер мен формалар жасалып, түрленетін, жалғамалы (тіл).*

**АГГЛЮТИНАЦИЯ**[1] [лат. agglutinare] з а т. л и н г в. *Түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік.*

**АГГЛЮТИНАЦИЯ**[2] з а т. м е д. *Майда элементтердің түйірленіп желімденуі.*

**АГГЛЮТИНИН** з а т. м е д. *Қан жасушалары, бактериялар және басқа да антигендік бөлшектер агглютинациялық реакциясын жүзеге асырушы антиденелер.*

**АГГЛЮТИНОГЕН** з а т. м е д. *Агглютинация реакциясына қатысты антиген.*

**АГГЛЮТИНОСКОП** з а т. м е д. *Агглютинация реакциясын бақылайтын аспап.*

**АГГРАВАЦИЯ** [лат. aggravare] з а т. м е д. *Өзінде бар аурудың дәреже белгілерін қасақана немесе абайсыз асыра айтушылық немесе науқастың өз ауруын күшейте көрсетіп шағымданушылық.*

**АГЕВЗИЯ** [грек. a – жоқ, deusis – дәм] з а т. м е д. *Дәм сезіне алмаушылық.*

**АГЕНЕЗИЯ** з а т. м е д. *Ағзасы, дене мүшесі жоқ болып туу.*

**АГЕНИТАЛИЗМ** зат. мед. *Жыныстық мүшесі жоқ болып туу.*

**АГЕНС** [лат. agens] зат. лингв. *Сөйлемге қатынасушының типтік семантикалық сипаты.*

**АГЕНТ** [лат. agens (agentis)] зат. **1**. *Белгілі бір мекеменің не ұйымның түрлі тапсырмаларын орындайтын арнайы дайындықтан өткен адам.* **2**. әск. *Бір мемлекеттің өзге елде қызмет ететін жасырын тыңшысы, құпия қызметкері.*

**АГЕНТ-БАНК** зат. экон. *Басқа тұлғаның атынан іс жүргізуге уәкілетті банк.*

**АГЕНТТІК** зат. дипл. *Бір мекеменің жер жердегі бөлімшелері және солардың тапсырмаларын орындап отыратын ұйым.*

**АГЕНТУРА** зат. әск. *Қандай да бір мемлекеттің құпия қызметкері, тыңшысы.*

**АГИЗ** зат. балықшар. *Ірі су қоймаларында шоғырланған балықтарды аулауға арналған тұрақты құрма сүзекі; керме.*

**АГИПНОГНОЗИЯ** зат. мед. *Ұйқысы бола тұра ұйқысы барын сезінбеу күйі.*

**АГИРИЯ** зат. мед. *Ми қыртысының қатпары жоқ болып туу.*

**АГИТОФАЗИЯ** зат. мед. *Психикалық қозу, ашулану кезінде асып-сасып, түсініксіз жылдам сөйлеу үдерісі.*

**АГЛОМЕРАТ** [лат. agglomeratus] зат. геол. *Әртүрлі тау жыныстары мен минералдардың жұмсақ, борпас жынытығы.*

**АГЛОМЕРАТШЫ** зат. геол. *Агломерат маманы.*

**АГЛОМЕРАЦИЯ** [лат. agglomerare] зат. геол. *Әртүрлі ұсақ, борпас тау жыныстары мен минералдарды біртұтас етіп қосатын табиғи процесс.*

**АГЛОМЕРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Агломерацияға қатысты, агломерация жасайтын, соған қызмет істейтін.*

**АГЛОПОРИТ** зат. құр. *Жеңіл бетонның кеуек жасанды қосындысы.*

**АГЛОССИЯ** зат. мед. *Тілсіздік, тілі жоқ болып туу.*

**АГНАТИЯ** зат. мед. *Астыңғы жақ сүйегі жоқ болып туу.*

**АГНАТТАР**[1] [лат. adnatus] зат. әлеум. **1**. *Отбасы басшысының билігіндегі туыстар.* **2.** *Ер адамның ата-бабаларынан тарайтын туыстары.*

**АГНАТТАР**[2] зат. зоол. *Девон кезеңінің соңында өліп біткен қарапайым омыртқалы жануарлардың көптеген түрлері.*

**АГНАЦИЯ** зат. мед. *Әке жағынан жақын туыстық.*

**АГНОЗИЯ** [грек. *a* – теріс бөлшек, gnosis – білім] зат. мед. *Бас миы жоғарғы бөліктерінің зақымдану салдарынан адамның қабылдауында танып білу қабілетінің бұзылуы.*

**АГНОСТИК** [грек. agnostos] зат. филос. *Дүниенің сырын танып білуге болмайды дейтін көзқарасты (агностицизмді) жақтаушы.*

**АГНОСТИЦИЗМ** зат. филос. *Болмысты тану, дербес ақиқатқа жету мүмкін емес дейтін тұжырымға негізделген философиялық ілім.*

**АГОНЗАТ** зат. мәд. *Ежелгі грек болмысы мен мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі болып табылатын қоғамдық құрмет пен абыройды әперетін ең жақсы жетістіктерге жетуге бағытталған жеке тұлғалардың, топтардың, полистердің өзара жарысу принципін білдіретін ұғым.*

**АГОНИЯ** [грек. agonia] зат. мед. *Өлер алдындағы жанталас күй.*

**АГОНОМАЛ** зат. балықшар. *Теңіз түлкішектері тұқымдасына жататын кәсіптік маңызы жоқ балық.*

**АГОРА** [грек. agora] зат. тар. *Ежелгі Грециядағы халық жиналысы; осы жиналыс өтетін жер.*

**АГРАНУЛОЦИТТЕР** зат. мед. *Цитоплазмасында гранула болмайтын қанның ақ түйіршіктерінің бір түрі.*

**АГРАНУЛОЦИТОЗ** [грек. a – емес, лат. granulum – түйіршік, грек. kytos – жасуша] зат. мед. *Қан құрамындағы нейтрофильдің шұғыл азайып кетуі.*

**АГРАРИЙ** [лат. agrarius] зат. қоғ.-саяси. *Ірі жер иеленуші, жер қожайыны.*

**АГРАРЛЫ** сын. *Ауылшаруашылығы, егіншаруашылығы, жершаруашылығы дамыған.*

**АГРАРЛЫҚ** сын. *Ауылшаруашылығына қатысты.*

**Аграрлық дағдарыс**. тар. *Ауылшаруашылық саласында болатын өндірістің экономикалық тұрғыдағы дағдарысының бір түрі.* **Аграрлық қатынас**. қоғ.-саяси. *Ауылшаруашылығындағы өндірістік қатынас.* **Аграрлық құрылыс**. *Егіншіліктегі әлеуметтік-экономикалық құрылыс.* **Аграрлық реформа**. қоғ.-саяси. *Жер иелену және жерді пайдалану жөніндегі өзгерістерге қатысты түбегейлі мемлекеттік заң өзгерісі.* **Аграрлық саясат**. қоғ.-саяси. *Мемлекеттің ауылшаруашылығымен шұғылданушылардың жағдайы мен хал-ахуалын реттеуге байланысты ұстанатын және жүргізетін саясат.* **Аграрлық сектор**. қоғ.-саяси. *Мемлекеттің ауылшаруашылығы, жер, егіншаруашылығымен шұғылданатын секторы.*

**АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК: аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік**. *Мамандандырылған ауылшаруашылығы кәсіпорны мен өнеркәсіптік өңдеу кәсіпорны тобының аумақтық, ұйымдық және технологиялық бірлесу кешені.* **Аграрлық-өнеркәсіптік интеграция [құрмаласу]**. экон. ауылшар. *Ауылшаруашылығының және ауылшаруашылығына қызмет көрсететін, оған ресурстар беретін, оның өнімін тұтынушыларға жеткізетін шектес салалардың өзара байланыстарының күшейіп, табиғи түрде қосылуы, бірігуі.*

**АГРАРШЫ** зат. *Жерді пайдалануға, жер шаруашылығына қатысты маман.*

**АГРАТИН** зат. тамақ. *Үстіңгі бетіне нан үгінділері мен сыр түйіршіктерін сеуіп пісіретін еуропалықтар тағамы.*

**АГРАФИЯ** [грек. a – емес, жоқ, grapho – жазамын] зат. псих. *Сөйлеу барысында сөздің әртүрлі айтылуына байланысты жазудың бұзылуы немесе физиологиялық, психологиялық факторларға байланысты жазу қабілетінен айырылу.*

**АГРЕГАТ** [лат. aggregatus] зат. тех. *Тиімді нәтижеге жету мақсатында әртүрлі мәшинелерді немесе аппараттарды жүйелеп топтастырып құрастырылған мәшине, сайман.*

**АГРЕГАТТЫ** сын. *Агрегатталған, агрегат қалпына келтірілген.*

**Агрегатты станок**. тех. *Кинематикалық жағынан өзара байланыспай, бірнеше агрегаттардан құралған арнаулы металкескіш станок.*

**АГРЕГАЦИЯ** зат. биол. *Ауа, жел арқылы оңай, жеңіл қозғалатын популяциялардың азғана немесе шоғырланған жиынтығы, тобы.*

**АГРЕК** зат. жерг. *Жыртылмай қалған жер (атжал).*

**АГРЕМАН** [фр.agrement] зат. құқық. *Халықаралық құқықта белгілі бір мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің басшысы ретінде нақты тұлғаны қабылдау жөнінде берілетін қабылдаушы мемлекеттің келісімі.*

**АГРЕМАНТЗАТ** зат. құқық. *Бір елдің өз дипломатиялық өкілдігінің басшысы ретінде ұсынған адамын қабылдауға екінші елдің келісім беруі, мақұлдауы.*

**АГРЕССИВТІ** [франц. agressif] сын. *Озбыр, басып алушы, күш көрсетуші.*

**АГРЕССИНДЕР** [лат. aggrediri] зат. биол. *Кейбір бактериялардың денесінде пайда болып, мал ағзасына енген кезде оның қорғаныс қабілетін жоятын заттар, патогенді микробта өндірілетін зиянды заттектер.*

**АГРЕССИЯ** [лат. aggressio] зат. **1**. саяси. *Басқа елдің жерін басып алып, билік жүргізу мақсатымен жасалатын әскери шабуыл, басқыншылық.* **2**. псих. *Физикалық немесе психологиялық зиян, нұқсан келтіруге, басқа адамды, адамдар тобын жоюға бағытталған мінез-құлық, әрекет.*

**АГРЕССИЯЛЫҚ** сын. *Агрессияға тән, агрессияшыл.*

**АГРЕССИЯШЫЛ** сын. *Басқыншылық әрекетті жақтаушы, агрессивті.*

**АГРЕССИЯШЫЛДЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *Агрессияны жақтаушылық; өзге елдің мүддесін аяқасты етушілік, өзгенің территориясын жаулап алуды көздеушілік.*

**АГРЕССОР** зат. тар. **1**. *Агрессия жүргізуші, жаулап алу мақсатымен шабуыл жасаушы, басып алушы жақ.* **2**. ауыс. *Озбыр; зиян, нұқсан келтіруші.*

**АГРИПНИЯ** зат. мед. *Ұйқысыздық, ұйқы қашу ауруы.*

**АГРОБИОЛОГ** зат. *Агробиологиямен шұғылданушы ғалым, маман.*

**АГРОБИОЛОГИЯ** [грек. agros – алқап, bios – өмір, logos – ілім] зат. биол. *Биология ғылымының өсімдік және малшаруашылықтарын зерттейтін саласы, сол жөніндегі ғылым.*

**АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Агробиологияға тән, соған қатысты.*

**Агробиологиялық кешен** зат. *Агробиологиялық шаралар өткізілетін орталық, кешен.*

**АГРОБӨЛМЕ** зат. *Агрономияға қатысты заттар қойылған арнайы жабдықталған бөлме.*

**АГРОҒЫЛЫМ** зат. *Агрономия жөніндегі ғылым.*

**АГРОЖӘРДЕМ** зат. совет. *Ауылшаруашылығы мәселелері жөнінде берілетін жәрдем.*

**АГРОИННОВАЦИЯ** зат. тех. *Ауылшаруашылығына арналған жаңартпа техника мен технологиялар.*

**АГРОИННОВАЦИЯЛЫҚ** сын. тех. *Агроинновацияға қатысты.*

**АГРОКЕШЕН** зат. *Агротехникалық шаралар кешені.*

**АГРОКЛИМАТ** зат. егіншар. *Мәдени өсімдіктерді өсіру, өңдеу тұрғысынан алғандағы ауа райының қолайлы жағдайы.*

**АГРОКЛИМАТОЛОГИЯ** [грек. agros –егіс, klima – ауа райы, logos – ғылым] зат. геогр. *Ауылшаруашылығы метеорологиясының бір бөлімі.*

**АГРОКЛИМАТТЫҚ** сын. *Агроклиматқа қатысты, соған тән.*

**Агроклиматтық орналастыру**. *Ауылшаруашылығы өндірісі үшін ауа райының қолайлылығына қарай жер аумағын аудандарға бөлу.*

**АГРОҚАЛАШЫҚ** зат. әкімш. *Тұрғылықты және көршілес жатқан халыққа әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ету мақсатымен өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар жасалған, абаттандырылған елді мекен.*

**АГРОҚҰРЫЛЫМ** зат. *Ауылшаруашылығы құрылымы.*

**АГРОЛАНДШАФТ** зат. геогр. *Әр аймаққа тән табиғи өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ондағы агроценоздармен және ауылдық елді мекендермен алмасу жүйесінің үйлесімді көрінісі.*

**АГРОМАНИЯ** зат. мед. *Елсіз жерде жалғыз өзі өмір сүруге құштарлық ауруы.*

**АГРОМЕТЕОРОЛОГИЯ** зат. гидр. *Метеорология ғылымының ауылшаруашылығы үшін мәні зор атмосфералық жағдайларды зерттейтін саласы.*

**АГРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Агрометеорологияға қатысты.*

**Агрометеорологиялық бақылау**. зат. *Жеке, ұжымдық шаруашылықтарда жүргізілетін ең қарапайым метеорологиялық бақылау.* **Агрометеорологиялық болжау**. *Ауылшаруашылық дақылдардың өсуіне, дамуына және өніміне әсер ететін маңызды атмосфералық жағдайларды алдын ала болжап білу.*

**АГРОНОМ** зат. *Агрономия, егіншаруашылығының маманы.*

**АГРОНОМДЫҚ** сын. **1**. *Агрономға тән, соған қатысты.* **2**. *Агроном дайындайтын, тәрбиелейтін* (*оқу орнына қатысты*).

**АГРОНОМИЯ** [грек. agros – алқап, nomos – заң] зат. *Егіншаруашылығы жайлы ғылым, жалпы ауылшаруашылығы бойынша ілім жиынтығы.*

**АГРОНОМИЯЛЫҚ** сын. *Ауылшаруашылығы өндірісінің ғылыми негізіне қатысты, соған тән.*

**АГРОӨНЕРКӘСІП** зат. *Аграрлық өнеркәсіп, ауылшаруашылық кәсіпорны.*

**АГРОӨНЕРКӘСІПТІК** сын. *Аграрлық өнеркәсіпке қатысты.*

**Агроөнеркәсіптік комбинат**. *Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындап сақтауды, шикізат пен азық-түлік дайындауды қамтамасыз ететін біртұтас шаруашылық кешен.* **Агроөнеркәсіптік кешен**. *Азық-түлік өнімдерін өндіруге және ауылшаруашылығы шикізаттарынан көпшілік қолды өнеркәсіп тауарларын шығаруға бағытталған халық шаруашылығының саласы.* **Агроөнеркәсіптік орын**. *Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіріп шығаратын және өңдеумен, оларды сатумен айналысатын мекеме.*

**АГРОТЕХНИКА** [грек. agros – алқап, technike – шеберлік] зат. *Егіншілік технологиясы, ауылшаруашылық дақылдарын өсіру тәсілдерінің жүйесі.*

**АГРОТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Агротехникаға қатысты, соған тән.*

**АГРОФИЗИКА** [грек. agros – алқап,physike – табиғат] зат. *Өсімдіктердің сыртқы тіршілік жағдайын және олардың тіршілігіндегі физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

**АГРОФИЗИКАЛЫҚ** сын. *Агрофизикаға тән, қатысты.*

**АГРОФИРМА** зат. *Ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен және сатумен айналысатын кәсіпорын.*

**АГРОХИМИЯ** [грек. agros – алқап, лат. chimia] зат. *Өсімдіктерді қоректендіру, жоғары сапалы артық өнім алу үшін тыңайтқыш пен химиялық заттарды қолдану мәселелерін зерттейтін ғылым, пән.*

**АГРОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Агрохимияға тән, қатысты.*

**АГРОЦЕНОЗ** [грек. agros — алқап, koinos — жалпы] зат. терм. *Ауылшаруашылығы өнімдерін алу мақсатында жасалатын жасанды экожүйе, адамның қолымен жасалған тұрақсыз мәдени өсімдіктер бірлестігі; мәдени фитоценоздар және агрофитоценоздар.*

**АГРОЭКОЖҮЙЕ** зат. терм. *Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мақсатында адамдар үнемі реттеп отыратын өзгермелі, тұрақсыз экологиялық жүйе.*

**АГРОЭКОЛОГИЯ** [грек. agros – алқап, oikos – үй, logos – ілім] зат. *Орта факторларының мәдени өсімдіктердің өнімділігіне әсерін, сондай-ақ ауылшаруашылығы егістіктерінде тіршілік ететін ағзалардың құрылымы мен өзгеруін зерттейтін қолданбалы экология бөлімі.*

**АГУТИ** [исп. aguti] зат. зоол. *Сүтқоректілердің жабайы түрінде кездесетін терісіндегі жүннің ерекше боялу түрі.*

**АҒА** зат. **1**. *Туыстас ер адамдардың жас жағынан үлкені.* **2**. *Жалпы жасы үлкен ер кісіге қарата айтылатын сөз.* **3**. ауыс. *Ақылшы, басшы, жетекші.* **4**. *Қызмет дәрежесі, лауазымы үлкен, жоғары адам.* **5**. *Мекеме, ұйым, жиналыс бастығы, басқарушысы.*

**Аға буын**. *Өмірде көпті көрген, тәжірибесі мол алдыңғы ұрпақ.* **Аға ғылыми қызметкер**. *Ғылыми зерттеу мекемелеріндегі кіші және ғылыми қызметкерлерден жоғары сатыдағы ғылыми лауазым.* **Аға инженер**. *Техника саласындағы жоғары білімді маманның бас инженерден төмен қызметтік лауазымы.* **Ағалар алқасы**. қоғ.-саяси. *Түрлі мекемелер мен ұжымдарда, өндірістер мен кәсіпорындарда, ғылыми-мәдени орындарда еңбек ардагерлерінен, беделді ақсақалдардан құрылған кеңес.* **Аға лейтенант**. әск. *Қарулы күштердегі лейтенанттан дәрежесі бір саты жоғары әскери атақ.* **Ағама жеңгем сай, апама жездем сай.** кекесін. а) *Мінез-құлқы үйлес, дөп қосылған, бірінен бірінің айырмасы шамалы.* ә) *Ұқсас іс-әрекет.* **Ағаның алды [үйі] ақ жайлау**. *Кең пейіл, ақ пейіл, ақ ниет аға.* **Аға оператор.** тех. *Оператор мамандығын жете игерген басты маман.* **Аға офицер**. әск. *Қарулы күштердің барлық түрлерінің полковниктері, подполковниктері мен майорлары.* **Аға өлсе, іні мұра**. көне. этн. *Ескі дәстүр, ата салты бойынша аға өлсе, оның әйелін алып, інісі әмеңгер болады.* **Аға редактор**. *Газет-журнал, кітап баспасы редакциясының басшы қызметкері.* **Аға сержант.** әск. *Сержант атағының ең жоғары дәрежесі.* **Ағасы бардың жағасы бар**. *Алдында үлкені бардың сүйеніші, сенімі бар.* **Аға тұтты.** *Өзінен үлкен деп сыйлады, құрметтеді, қадірледі.* **Аға ұрпақ**. *Алда тұрған сыйлы, жасы үлкен адамдар, үлгі-өнеге иесі.* **Аға шопан**. *Қой бағудан тәжірибесі мол, бас шопан.* **Аға шөнең**. жерг. *Мықты, дәрежесі жоғары.*

**АҒАДАЙ** сын. *Аға сияқты.*

**АҒАЕКЕ** зат. экспр. *Жасы үлкен ер адамды сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**АҒАЖАН** зат. экспр. *Туған ағасына немесе жасы сол тұстас жақсы көретін адамына құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**АҒА-ЖЕҢГЕ** зат. *Жасы үлкен туған-туыс ер адам мен оның жұбайы.*

**АҒАЗ[1]** зат. көне. *Бастау.*

**АҒАЗ[2]** зат. көне. *Дауыс, үн*.

**АҒАЙ** зат. *Өзінен жасы үлкен ер адамды, ұстазды құрметтеу, сыйлау мәніндегі атауыш сөз.*

**АҒАЙРАҢ** сын. сөйл. ***Ақайран***.

**АҒАЙЫН** зат. этн. **1**. *Бір әкеден тараған ағалы-інілердің туыстығын көрсететін жалпы ұғым.* **2**. *Аталас, туысы жақын, ата-бабасы бір, бауырлас, рулас адамдар.* **3**. *Бауырлас, достас (елдер).* **4**. *Қалың жұртқа қарата айтылатын қаратпа.* **5**. сөйл. *Белгілі бір саладағы мамандар қауымы деген мағынаны білдіру үшін қолданылатын сөз.*

**Ағайын ала болды**. *Туыстас адамдардың арасына от түсті, жауласты, өштесті, араздасты.* **Ағайын бір өлі, бір тіріде**. *Туыстығы, жақындығы өмірдің қуанышты, қайғылы сәттерінде білінеді, ағайындардың басы негізінен сондай сәттерде қосылады деген мағынада.* **Ағайын тұтты**. *Іш тартты, туыс көрді, жақын тартты.*

**АҒАЙЫН-АЖЫН** зат. сөйл. ***Ағайын-анжы***.

**АҒАЙЫН-АНЖЫ** зат. *Ағайын-туыс, жегжат-жұрағат.*

**АҒАЙЫН-АННЫ** зат. сөйл. ***Ағайын-анжы***.

**АҒАЙЫН-АУҚЫМ** зат. *Ағайын-туыс, ағайын-ажын.*

**АҒАЙЫНГЕРШІЛІК** зат. *Ағайыншылық, бірін-бірі туыс санап, жақын тартушылық.*

**АҒАЙЫНДАЙ** сын. *Ағайын сияқты, өз туысындай.*

**АҒАЙЫНДАС** сын. **1**. *Аталас, рулас, туыстас, бауырлас.* **2**. ауыс. *Жақын, жуықтас, ұқсас, сыбайлас.*

**АҒАЙЫНДАС=** ет. *Туыстасу, бауырласу, достасу, елдесу, жақындасу.*

**АҒАЙЫНДАСТЫҚ** зат. **1**. *Ағайын болғандық, туыстастық.* **2**. ауыс. *Жақындастық, сабақтастық.*

**АҒАЙЫНДАСТЫР=** ет. *Туыстастыру, жақындастыру.*

**АҒАЙЫНДАСТЫРУ** *Ағайындастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАЙЫНДАСУ** *Ағайындас етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАЙЫНДЫ** сын. *Ағалы-інілі, туыстас, бауырлас, ағайындас.*

**Ағайынды қоңыр қаз**. *Ажырамас дос, қатар-құрбы; бірге туған туыс, аға-іні.*

**АҒАЙЫНДЫҚ** зат. **1**. *Ағайынгершілік, туысқандық, туыстастық.* **2**. ауыс. *Бауырмалдық, достық.*

**АҒАЙЫНДЫ-ҚАРЫНДАС** зат. *Бірге туған, туыс бауырлар, аға-қарындастар.*

**АҒАЙЫН-ЖЕГЖАТ** зат. *Туған-туыс, сүйекшатыс, жақын-жуық, ағайын-жұрт.*

**АҒАЙЫН-ЖҰРАҒАТ** зат. *Ағайын-туыс, ілік-шалыс, дос-жаран, тамыр-таныс.*

**АҒАЙЫН-ЖҰРТ** зат. *Барлық тума-туыс, алыс-жақын ағайын.*

**АҒАЙЫНСУ** *Ағайынсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАЙЫНСЫ=** ет. *Ағайын болғансу, ағайын болып көріну.*

**АҒАЙЫНСЫЗ** сын. *Туған-туыс, бауыры жоқ.*

**АҒАЙЫНСЫМАҚ** зат. экспр. *Шын жанашыр емес, сөз жүзінде туыс болып жүретін.*

**АҒАЙЫН-ТУҒАН** зат. *Жақын туыс, бауырлас адамдар.*

**АҒАЙЫН-ТУҒАНДЫҚ** зат. *Бауырластық, туыстық.*

**АҒАЙЫН-ТУҒАНСЫЗ** сын. *Туған-туысқаны, бауыры жоқ.*

**АҒАЙЫН-ТУМА** зат. сөйл. ***Ағайын туған***.

**АҒАЙЫН-ТУЫС** зат. *Ағайын-туған, ең жақын бауырлас адамдар.*

**АҒАЙЫНШЫЛ** сын. *Туысқаншыл, бауырмал, жақын-туысқаншыл.*

**АҒАЙЫНШЫЛА=** ет. **1**. *Туысқаншылау, туысқандық жаймен ағайынды аралау, қыдыру.* **2**. *Басына іс түскен, ауырып-сырқап қиналған адамға жақын туыстарының көмек беріп, қолдау көрсетуі, қаржы, мал жинап беруі, қарасуы.*

**АҒАЙЫНШЫЛАУ** *Ағайыншыла етістігінің қимыл атауы; ағайын аралау.*

**АҒАЙЫНШЫЛЫҚ** зат. **1**. *Жақын туыстық, туыстық қатынас.* **2**. *Жақын ара қатыстық, адамгершілік, сыйластық.* **3**. ауыс. *Бітімшілік, әділ төрелік.*

**АҒАЛА**[1]= ет. **1**. *Аға-аға деп еркелеу.* **2**. *Жасы үлкен ер адамды аға деп сыйлау, құрметтеу.* **3**. ауыс. *Ер адамға жалыну, жалбарыну.*

**АҒАЛА**[2]= ет. *Түрлі жарыстарда, бәсекелестікте айқын басымдылықпен жеңіске жету, қарсыласын жығу, озық шығу.*

**АҒАЛАС**= ет. *Жасының үлкендігіне қарап, алдыңғы кезекті, жолды ағаларға беру.*

**АҒАЛАСУ** *Ағалас етістігінің қимыл атауы; жасы үлкенге жол берісу.*

**АҒАЛ-ЖАҒАЛ** сын. *Кір-қожалақ, сатал-сатал, салтақ-салтақ.*

**АҒАЛ-САҒАЛ** сын. сөйл. ***Ағал-жағал.***

**АҒАЛЫҚ**[1] зат. **1**. *Жасы кішіге деген үлкендік, ақыл берушілік.* **2**. *Жасы кішіге жасайтын қамқорлық, қорған болушылық.* **3**. ауыс. *Басқарушылық, басшылық.*

**Ағалық [ақыл] айтты**. *Көпті көрген үлкені ретінде ақыл-кеңес берді.*

**АҒАЛЫҚ**[2] сын. *Ағаға тән, ағаға қатысты.* **Ағалық сезім.** *Аялаушылық, қамқор көңіл.*

**АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТАЙ** сын. *Бірге туған бауырдай, туыс адамдай тату-тәтті.*

**АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТЫ** сын. *Ағасы мен қарындасы бар, ағайынды.*

**АҒАЛЫ-ІНІЛІ** сын. *Ағасы мен інісі, ағайынды, бауырлас.*

**АҒАМАН** зат. көне. *Бас көтерер басшы, ақылшы.*

**АҒАНА** зат. көне. *Садақа, көмек ретінде берілетін ақша.*

**АҒАР**= ет. **1**. *Ақ түске айналу, бозғылт тарту.* **2**. ауыс. *Айып-жазадан ақталу, тазару, күнәдан арылу.* **3**. ауыс. *Оқып білім алып, сауаттану, көзі ашылу.* **4**. ауыс. *Аузы аққа тиіп, ішіп-жемі көбею, ауқаттану, тойыну.* **5**. ауыс. *Қартаю, егде тарту, кемеліне келу.*

**Ағарып атқан таңдай**. бейн. *Жадыратып сергітетін, жанға жағымды деген мағынада.*

**АҒАРАҢ** елік. *Ақшыл тартқан, кенеттен ақшыл болып көрінген түсті бейнелейтін сөз.*

**Ағараң етті**. *Ақшыл тартты, кенеттен ақшылданып көзге түсті.* **Ағараң тартты**. *Ақшыл тартты, ақшыл боп көрінді, ақшылданды, ағарды.*

**АҒАРАҢДА**= ет. **1**. *Ақшыл тарту, ақшылдау боп, қылаң тарта көріну.* **2**. *Бозғылттану, бозарып көріну.*

**АҒАРАҢДАУ** *Ағараңда етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАРАҢДАТ**= ет. *Ағараң-ағараң еткізу, қылаңдату.*

**АҒАРАҢДАТУ** *Ағараңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАРҒАН** зат. *Сауын малдың сүтінен жасалған айран, шұбат, қымыран, қымыз сияқты сусын тағамдар.*

**АҒАРТ**= ет. **1**. *Аппақ ету, ақ түске бояу.* **2**. *Үйді әктеу, ақтау.* **3**. ауыс. *Халыққа білім беру, жаппай сауат ашу.*

**АҒАРТҚЫ** зат. хим. **1**. *Мақталар мен маталарды, жібекті, жүнді, теріні, жасанды және синтетикалық талшықтарды, сабынды, майларды т.б. ағартуға пайдаланылатын түрлі органикалық және бейорганикалық қосылыстар.* **2**. *Күмісті жалтырату үшін ашудасқа су қосып дайындалған зат.*

**АҒАРТҚЫШ** сын. хим. ***Ағартқы.***

**Ағартқыш заттар**. хим. ***Ағартқы*** *(мақталар мен маталарды т.б. ағартуға пайдаланатын қосылыстар).*

**АҒАРТУ**[1] *Ағарт етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Заттың түсін ақ қылу.* **2**. *Үйді әктеу, ақтау.* **3**. *Айып-кінәдан ақтау, босату, құтқару.*

**АҒАРТУ**[2] зат. *Жаппай сауат ашу, халыққа білім беру, оқыту, тәрбиелеу ісі.*

**АҒАРТУШЫ** зат. **1**. *Халықтың сауатын ашу, білім беріп, оқу, ағарту ісімен шұғылданушы адам.* **2**. тар. *Қоғам кемшіліктерін ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негізінде түзетіп, оның талғамын, саясат, тұрмысын өзгертуге болады деген идеяны ұстанушы қайраткер, осы ағым өкілі.*

**АҒАРТУШЫЛЫҚ** зат. **1**. *Оқу-ағарту ісімен шұғылданушылық, халыққа білім берушілік.* **2**. тар. *XVIII–XIX ғасырларда дамыған ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, саясатын, тұрмысын өзгертуге болады деген идеяны ұстанушы ағым.*

**АҒАРТЫҚ** зат. саят. *Құс семіре бастағанда берілетін суға салып қойып, қансөлін кетірген ақжем ет.*

**АҒАРТЫЛ**= ет. *Әктелу, ақталу, тазартылу.*

**Ағартылған целлюлоза.** хим. *Ағартуға ұшыратылған техникалық целлюлоза.*

**АҒАРТЫЛУ** *Ағартыл етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАРТЫС**= ет. *Бірге тазаласу; әктесу.*

**АҒАРТЫСУ** *Ағартыс етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАРУ** *Ағар етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАРЫҢҚЫ** сын. *Ақшыл тартқан, бозғылт, ақшылдау.*

**АҒАС** зат. жерг. *Су орып кеткен жер, жыра.*

**АҒАСҰЛТАН** зат. тар. *Хандық институты жойылғаннан кейін Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатымен байланысты құрған әкімшілік-аумақтық округті басқарушының лауазымы.*

**АҒАСЫЗ** сын. **1**. *Ағасы жоқ.* **2**. ауыс. *Ақылшысы, көшбасшысы жоқ, қамқорсыз.*

**АҒАСЫЗДЫҚ** зат. *Жасы үлкен ағасы, ақылшысы, қамқоршысы жоқтық.*

**АҒАСЫН**= ет. *Өзін аға, қамқоршы етіп көрсету.*

**АҒАСЫНУ** *Ағасын етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАТ** сын. *Жаңсақ, жаңылыс, теріс, қате.* **Ағат кетті.** *Теріс іс істеді; қателесті, жаңылды.*

**АҒАТАЙ** зат. экспр. **1**. *Жасы үлкен ер адамды, болмаса туған ағаны не туысқанды құрметтеп сыйлағанда немесе оған жалынғанда айтылатын сыпайы қаратпа атауыш.* **2**. *Өз ағасын немесе жасы сол тұстас ер адамды қастерлеу, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**АҒАТАЙЛА**= ет. **1**. *Ағатай-ағатай деу; ізет көрсету, құрметтей атау.* **2**. *Біреуге жалыну, жалбарыну.*

**АҒАТАЙЛАУ** *Ағатайла етістігінің қимыл атауы; ағатай-ағатай деу, ізет көрсету.*

**АҒАТСЫЗ** сын. *Қатесіз, мүлтіксіз, тура.*

**АҒАТТАУ** сын. *Ерсілеу, әбестеу, терістеу, орынсыздау.*

**АҒАТТЫҚ** зат. *Ерсілік, әбестік, жөнсіздік, жаңсақтық.*

**Ағаттық жіберді.** *Қателесті, жаңылысты, жаза басты.*

**АҒАУЫЗ** зат. жерг. *Еті дәмді, салмақты келетін ірі шортан түрі.*

**АҒАШ** зат. **1**. *Әртүрлі тұрмыстық бұйымдар, жиһаз жасау мен құрылыста және отын ретінде қолданылатын діңі қатты жуан өсімдік.* **2**. бот. *Бұтақты, жапырақты, діңді, биік өсетін көпжылдық өсімдіктердің жалпы атауы.* **3**. *Кең тараған құрылыс материалы. // Ағаштан жасалған.*

**Ағаш ат**. *Ағаштан ат кейпінде жасалған ойыншық.* **Ағаш атқа қамшы көп, аттанарда жоқ**. *Дос-жаран көп болғанмен, басқа іс түскенде ешкім болмады.* **Ағаш атқа мінді.** *Шыбықты ат қылып мініп ойнады, шапқылады.* **Ағаш аяқ**. *Ағаштан жасалған ыдыс.* **Ағаш белсенді**. *Жұмыстың жөнін жете, толық білмейтін, дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін, сырттай пысық кісі.* **Ағаш белсенділік**. *Әкімшілік қызметі, мансабы жоқ, қолынан ешнәрсе келмейтін, құр пысықтық.* **Ағаш дайындау.** ауылшар. *Ағаш өңдеу.* **Ағаш ине**. көне. *Қап, қанарлардың аузын тігу үшін қолданылатын, ағаштан жасалған жуалдыз, тебен.* **Ағаш келі.** *Жуан ағаштан ойып, үңгіп жасалған келі.* **Ағаш кереует. *Ағаш төсек*.** **Ағаш кесуші.** *Ағашты арамен кесіп, құлататын адам.* **Ағаш көмір.** *Тұрмыста отын ретінде қолданылатын, қатты, кеуекті өнім.* **Ағаш күлі.** мед. *Отыз пайыз күл, жетпіс пайыз өсімдік майы бар дәрі.* **Ағаш қазан қайнатты**. *Аз уақытқа құмар тарқатты.* **Ағашқа мәуе бітсе – бәсең-бәсең**. *Атақ-дәрежесі, беделі асқан сайын биязы, жұмсақ мінез көрсетіп, кішіпейіл болды.* **Ағаш қоныс**. *Орман-тоғайлы жердегі қоныс.* **Ағаш массасы.** физ. *Ағашты механикалық ұсақтау арқылы алынатын талшықты жартылай фабрикат.* **Ағаш мосы.** *Буты ағаштан жасалған мосы.* **Ағаш мінез**. *Тоңмойын, морт, бірбеткей.* **Ағаш оқ**. а) *Ағаштан жасалған садақ оғы.* ә) бейн. *Ауыр жаза, кінә, айып.* **Ағаш отырғызды**. *Ағаш екті.* **Ағаш өңдеу өнеркәсібі**. тех. *Ағаш өңдеумен айналысатын өнеркәсіп түрі.* **Ағаш өңдеу станогі**. тех. *Ағашты әрлеп, өңдеп, сүргілейтін құрал.* **Ағаш соқа**. көне. *Жер жырту үшін қатты, мықты ағаштан жасалған соқа.* **Ағаш спирті**. хим. *Ағаштан алынатын техникалық спирт түрі – метил спирті.* **Ағаш сүргілеу станогі**. *Ағаш бұйымдарды сүргілейтін станок.* **Ағаш сүрегі**. *Ағаш және шөптесін өсімдіктердің діңі мен бұтақтарында, тамырында қатайып кеткен тығыз қабықты жасушалардан құралған ұлпа.* **Ағаш табақ**. *Ағаштан жасалған, ас ішетін, сақтайтын ыдыс.* **Ағаш талшықты тақта**. *Жылу мен дыбыс өткізбейтін конструкциялық ағаш материал.* **Ағаштан ат мінді**. сөйл. *О дүниелік болды, көз жұмды.* **Ағаштан бал, шөптен сүт ағылды**. *Көл-көсір, ағыл-тегіл молшылық болды.* **Ағаштан түйін түйген**. *Он саусағынан өнері тамған, аса шебер, ісмер, ұста.* **Ағаш тостаған**. этн. *Ағаштан жасалған сусын ішетін ыдыс.* **Ағаш төсек**. *Жатып ұйықтау, демалу үшін ағаштан жасалған үй жиһазы.* **Ағаш тұғыр**. *Күн қызуынан, жауын-шашын, боран-дауылдан қорғау үшін ағаштан жасалған тұғыр.* **Ағаш тырма**. көне. *Жыртылған жердің топырағын ұсақтап тегістейтін, тістері сойдиған, ағаштан жасалған тырма.* **Ағаш ұстасы. *Ағаш шебері*.** **Ағаш үзеңгі**. *Ағаштан шауып жасалған үзеңгі.* **Ағаш үй**. а) *Ағаштан қиып салынған үй.* ә) жерг. *Киіз үй.* **Ағаш шайыры**. хим. *Ағашты жылу көмегімен құрғақ айдау арқылы алынатын органикалық заттар қоспасы.* **Ағаш шебері**. *Ағаштан түйін түйетін, түрлі заттар жасайтын шебер.* **Ағаш шеберлік жұмыстар**. *Ағаш*

*конструкциялар мен тетіктерді ағаш желімді қолданбай, қарабайыр ұстату жұмыстары.* **Ағаш шеге**. көне. кәс. *Етік тіккенде ұлтанға қағу үшін көбіне қайыңнан істелетін мық.* **Ағаш шелек**. көне. *Сүт, айран, су т.б. құю үшін ағаштан қиюластырып жасаған ыдыс.* **Ағаш істейді**. сөйл. *Ағаштан түйін түйеді, шебер.*

**АҒАШАТ** зат. этн. *Қайтыс болған адамның мәйітін салып көтеретін ағаш.*

**Ағашатқа [ағашаттың басына] мінгізді**. а) *Қайтыс болды, көз жұмды, о дүниелік болды, бақилыққа аттанды.* ә) *Біреуді сыртынан ғайбат сөз айтып жамандады, өсек-аяңға іліктірді.* **Ағашаттың басына мінгізді**. *Әр саққа жүгіртіп, өсекке таңды.*

**АҒАШАЯҚ**[1] зат. *Ағаштан жасалған ыдыс.*

**АҒАШАЯҚ**[2] зат. мед. *Ағаштан жасалған протез.*

**АҒАШАЯҚ**[3] зат. *Екі аяққа таңып алып, жерден едәуір биік көтеріліп жүруге, билеуге болатын ұзын сырық, қада.*

**АҒАШАЯҚТЫ** сын. *Аяқ орнына ағаштан жасалған протезі бар.*

**АҒАШЖЕГІ** зат. зоол. <лат. cossidae> *Көбелектер отрядының ағашжегілер тұқымдасына жататын жәндік.*

**Ағашжегілер тұқымдасы**. биол. *Ағаш сүрегімен қоректенетін көбелектер отрядының бір тобы.*

**АҒАШЖЕГІШТЕР** зат. зоол. <грек.xyion – кесілген ағаш, phados – жегіштер> *Құлаған немесе кесілген ағаш сүрегімен қоректенетін ағзалар.*

**АҒАШЖОЙҒЫ** зат. хим. *Қажетсіз сүректі немесе бұталы өсімдіктерді жоюға арналған химиялық зат.*

**АҒАШКӨМІР** зат. көне. *Ағаштың шала жанған, отынға пайдаланылатын қалдығы.*

**АҒАШСЫЗ** сын. *Ағаш өспеген, ағашы жоқ.*

**АҒАШТАЙ** сын. *Ағаш сияқты, қақиып, сіресіп қалған, икемсіз.*

**АҒАШТАН**= ет. *Қатаю, бекемденіп ағашқа айналу.*

**АҒАШТАНДЫР**= ет. *Ағаш егіп, ағашты жер ету.*

**АҒАШТАНДЫРУ** *Ағаштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАШТАНУ**[1] зат. терм. *Ағаш материалдарының физика-механикалық қасиеттерін, құрылымын, пайдалану ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.*

**АҒАШТАНУ**[2] *Ағаштан етістігінің қимыл атауы.*

**АҒАШТАРАҚ** зат. этн. **1**. *Аттың құйрық-жалын тарайтын құрал.* **2.** *Май қылшықтайтын құрал.*

**АҒАШТИЕУІШ: ағаштиеуіш мәшине**. көлік. *Ағаш т.б. материалдарды теміржолда тұрған пойыз вагондарына немесе кемелерге, жүк мәшинелеріне тиейтін мәшине.*

**АҒАШТЫ** сын. *Ағашы көп, мол.*

**АҒАШША** үст. *Ағаш тәрізді, ағашқа ұқсас.*

**АҒАШШЫ** зат. *Ағаш шебері, балташы.*

**АҒАШШЫРМАУЫҚ** зат. бот. <лат. hedera – partenocissus> *Аралия тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, көлеңке сүйетін бұта не ағаш тәрізді шырмауық.*

**АҒАШЫМ** зат. экспр. *Көбіне туған ағасына деген ыстық сезімін білдіру үшін айтылатын атауыш.*

**АҒА-ІНІ** зат. *Ағасы мен інісі, туған-туыс, ағайын.*

**АҒА-ІНІДЕЙ** сын. *Туған-туыстай, бауырдай, тату-тәтті.*

**АҒБЫТ**= ет. *Аптығу, абыну, асығып-үсігу.*

**АҒБЫТУ** *Ағбыт етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЕКЕ** зат. экспр. *Жасы үлкен ер адамды сыйлау, құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**АҒЕКЕЛЕ**= ет. *Ағеке-ағеке деп жалыну.*

**АҒЕКЕЛЕУ** *Ағекеле етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЖИ**= ет. *Ақшию, бақшию.*

**АҒЖИЮ** *Ағжи етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЗА** [ар. أعضاء] зат. **1**. көне. *Адамның дене мүшелері.* **2**. *Адамның, жан-жануарлардың дене құрылысы, тұла бойы, тұрқы.* **3**. биол. <лат.organismus> *Үйлесімді қызмет атқаратын мүшелері бар тірі тұтастық (тіршілік иесі немесе өсімдік*).

**АҒЗАМ** [ар.أعظم] сын. **1**. діни. *Ұлы, ең үлкен, ең маңызды, зор,ұлы мәртебелі дегенді білдіретін Алла тағаланың Құраннан аян болған тоқсан тоғыз көркем сипат-есімдерінің бірі.* **2**. *Ұлы мәртебелі, ұлы, ұлық.*

**Ағзам император.** ескікіт. *Ұлы мәртебелі император [ағзам – ертеректегі ресми қатынас ережелері бойынша жоғары билікте отырған ел билеушіге қарата айтылатын, оны ұлықтау әдебінің тұрақты сөзі].*

**АҒЗИ** сын. көне. *Ұлы мәртебелі, өте қадірлі, құрметті.*

**АҒЛА** сын. діни. **1**. *Көк, биік, асқар, ең жоғары.* **2**. *Аса ұлы, ең зор.* **3.** көне. *Озық, озат, ұздік.*

**АҒЛАМ** сын. **1**. діни. *Барлығын жақсы білетін, барлығынан хабары бар болушылық Алла тағалаға тән қасиет.* **2.** көне. *Білгір, бәрінен жақсы білетін.* **3.** *Белгілі, аян.*

**АҒЛАМЛАН**= ар. اعلام ет. ескікіт. *Анықталу, айқындалу, белгілі болу, белгілену.*

**АҒЛАМНАМА** ар. зат. ескікіт. *Жарлық, жар салып жеткізілетін хабар.*

**АҒЛАН** [ар. إعلان] зат. көне. *Хабарлама, хабарландыру; құлақтандыру, жарнама.*

**Ағлан етті**. *Баяндады, хабарлады, сипаттады.*

**АҒЛИМ** зат. ескікіт. *Бәрінен жақсы білуші әрі сезуші.*

**АҒЛӨП** [ор. оглобли] зат. жерг. *Терте, жетек.*

**АҒРАБИ** [ар. عربي] зат. көне. *Көшпелі, бәдауи; бөтен, жат, бөгде.*

**АҒУ** *Ақ етістігінің қимыл атауы.*

**АҒУА** [ар. اغواء] зат. діни. **1.** *Уағыз, үгіт, насихат.* **2.** *Азғырушылық, іріткі салушылық; өсек-аяң, өтірік; әзәзілдік.*

**АҒУАЛА**= ет. діни. *Уағыздау, үгіттеу, насихаттау.*

**АҒУАЛАУ** *Ағуала етістігінің қимыл атауы.*

**АҒУАЛАУШЫ** зат. *Уағыздаушы, үгіттеуші, насихаттаушы.*

**АҒУАШЫ** зат. *Уағызшы, үгітші, насихаттаушы.*

**АҒУАШЫЛ** сын. көне. *Арбаушы, әзәзіл.*

**АҒУЗЫ** [ар. أعوذ] зат. діни. *«Сиынамын» деген мағынадағы Құран сөзі.*

**Ағузы билла.** діни. *Алла қорғай көр.*

**АҒУҚ** сын. жерг. *Улы, уланған.*

**АҒЫЗ**= ет. **1**. *Өзен, судың ағысын белгілі бір жаққа бағыттау.* **2**. *Су ағысының екпінімен бір затты басқа жаққа әкету.* **3**. *Құйылту, төгілту, сорғалату.* **4**. ауыс. *Қатты ызғыту, зымырау, зулату, жүйткіту.* **5**. ауыс. *Шырқау, құйқылжыту.*

**Ағызып жіберді.** а) *Исінгеннен (мезгілінен бұрын саумай тұрып) сүт шығып кетті.* ә) *Іш тастады, төлін шала туды.* **Ағызып сөйледі**. *Әңгіменің майын тамыза, құйқылжытып сөйледі.*

**АҒЫЗБАҚТАЙ** үст. *Желдірмелей, зымырай, суылдай.*

**АҒЫЗҒЫШ**: **су ағызғыш**. *Су ағызатын, ағызып тұратын.*

**АҒЫЗДЫР**= ет. *Аққызу, ақтыру.*

**АҒЫЗДЫРУ** *Ағыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫЗУ** *Ағыз етістігінің қимыл атауы; өзен, судың ағысын белгілі бір бағытқа бұру.*

**АҒЫЗЫЛ**= ет. *Ағызып жіберілу.*

**АҒЫЗЫЛУ** *Ағызыл етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫЗЫП-ТАМЫЗ**= ет. *Шашып-төгу, шашырату.*

**АҒЫЗЫП-ТАМЫЗУ** *Ағызып-тамыз етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫЛ**= ет. **1**. *Төгілу, құйылу, сорғалау, сауылдау.* **2**. ауыс. *Үздіксіз шұбыру, шұбау, жөңкілу.* **3**. ауыс. *Зулау, зуылдау, зымырау, ызғу.*

**АҒЫЛА** ар. сын. көне. *Ең жоғары, ең биік, озық, озат.*

**АҒЫЛАН**= ет. көне. *Мәлімдеу, хабарлау.*

**АҒЫЛАН**= үст. көне. *Жария, ашық.*

**АҒЫЛМАЛЫ** сын. *Түйдектік, тездік.*

**АҒЫЛТ**= ет. **1**. *Төгілту, құйылту.* **2**. ауыс. *Өрбіту, шырқау, өршелету.*

**АҒЫЛ-ТЕГІЛ** үст. **1**. *Көл-көсір, орасан мол, асып-тасқан.* **2**. *Бода-бода, жоса-жоса.*

**Ағыл-тегіл еңіреді [еңіреп жылады].** *Егіліп жылады, көз жасын көл қылды, етегі жасқа толды.* **Ағыл-тегіл жылады.** *Қатты жылады, ұзақ уақыт зарлап, ішіндегісін жылап шығарды.*

**АҒЫЛТУ** *Ағылт етістігінің қимыл атауы; шырқату.*

**АҒЫЛУ** *Ағыл етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫЛШЫН** зат. **1**. *Ұлыбританияның негізгі тұрғын халқы; сол халықтың өкілі.* **2**. *Ағылшын мемлекеті, Ұлыбритания.*

**Ағылшын тілі**. лингв. *Үндіеуропа семьясы тілдерінің ішіндегі герман тілдері тобының батыс тармағына жататын англосаксон атауымен VIII ғасырдан белгілі тіл.*

**АҒЫЛШЫНТІЛДІ** сын. *Ағылшын тілінде сөйлеп, жазатын.*

**АҒЫЛШЫНША** үст. *Ағылшын тілінде.*

**АҒЫЛЫ** сын. ескікіт. *Ерекше, биік.*

**АҒЫЛЫС**= ет. *Шұбасу, шұбырысу.*

**АҒЫЛЫСУ** *Ағылыс етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫМ** зат. **1**. *Ағыс, тарам, қозғалыс.* **2**. *Бағыт, бағдар, беталыс.*

**Ағымдағы жоспар.** экон. *Өтіп жатқан жылға арналған біржылдық жоспар.*

**АҒЫМАЛ** [ар. اعمال] зат. ескікіт. ***Амал***.

**АҒЫМДАҒЫ** сын. кіт. *Күнбе-күнгі, күнделікті, қазіргі.*

**Ағымдағы баспасөз.** *Мерзімді баспасөз.* **Ағымдағы валюталық бағам**. *Дереу есеп айырысуға арналған айырбас бағамы.* **Ағымдағы жоспар.** экон. *Өтіп жатқан жылға арналған біржылдық жоспар.* **Ағымдағы жөндеу**. *Мекеме, ұжымдағы қажетті жабдықтар мен нәрселерді күнбе-күнгі, кезекті жөндеу.* **Ағымдағы міндеттер**. *Күнбе-күнгі, күнделікті, кезекте тұрған міндеттер.* **Ағымдағы нұсқау**. *Күнделікті, күнбе-күнгі, кезектегі нұсқаулар.* **Ағымдағы салық.** *Салық салынатын пайдаға (салық салу кезінде есептелетін залалға) қатысты кезең ішінде төленуге (өтелуге) тиісті пайдаға салынатын салық сомасы.* **Ағымдағы шот**. *Ақшалай қаражатты сақтауға әрі есеп айырысуларды жүзеге асыруға қызмет ететін банкідегі шоттардың түрі.* **Ағымдағы шығындар**. экон. *Жай өндіріс орындарында жұмсалатын қаржының түрі.* **Ағымдағы істер**. *Күнделікті, кезектегі жұмыстар.*

**АҒЫМДАҒЫШ: ағымдағыш мәшинелер**. тех. *Әдетте драглайнмен жабдықталған, жылжып жүретін мәшинелер.*

**АҒЫМДЫҚ** сын. *Күнделікті, кезектегі.*

**АҒЫН** зат. **1**. *Судың жылжып ағу қарқыны, ағыс.* **2**. геогр. *Белгілі уақыт (тәулік, ай, жыл) ішінде өзеннің көлденең қимасынан ағып өтетін су мөлшері.* **3**. ауыс. *Екпін, қарқын.* **4**. ауыс. *Беталыс, бағыт.* // сөйл. *Ағып жатқан су, өзен, жерасты суы.*

**Ағынға қарсы жүзді.** *Қайтпады, қарсы тұрды.* **Ағындар құрылымы.** физ. *Сұйықтардың және газдардың ламинарлық немесе турбуленттік ағындарда, олардың ағын бойымен немесе көлденеңдеп араластырғанда болатын құбылыстарды қорытындылайтын түсінігі.* **Ағын коэффициенті**. геогр. *Су жинау алабынан ағып өтетін жалпы жауын-шашын мөлшеріндегі ылғалдың үлесі.* **Ағын мөлшері**. геогр. *Су жинау ауданынан белгілі уақыт бірлігі ішінде ағып өтетін су мөлшері.* **Ағын су**. *Тоқтаусыз ағып жатқан, ағысты өзен, су.* **Ағын судай.** *Екпінді, тегеурінді.* **Ағын судай екпіндеді.** *Мейлінше тегеурінді қарқындады.* **Ағыны теріс**. *Ой-өрісі, ниеті бөлек.*

**АҒЫН=** ет. көне. *Жалыну, жалбарыну, сиыну.*

**АҒЫНДА=** ет. **1.** *Бар пәрменімен алға ұмтылып, арындау, екпіндеу, қарқындау.* **2.** ауыс. *Арындау, төгілу, құйылу.*

**АҒЫНДАЙ** сын. *Ағын тәрізді, ағын сияқты.*

**АҒЫНДАН=** ет. *Ағыны ұлғаю, көбею, тасқындау.*

**АҒЫНДАНУ** *Ағындан етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫНДАТ=** ет. **1**. *Екпіндету, қарқындату, зулату, зымырату.* **2**. *Құйқылжыту, төгілту, шырқау.*

**АҒЫНДАТУ** *Ағындат етістігінің қимыл атауы; екпіндеу, зулату.*

**АҒЫНДАУ** *Ағында етістігінің қимыл атауы; қарқындау, зымырау.*

**АҒЫНДЫ** сын. **1**. *Ағыны қатты, ағысты.* **2**. ауыс. *Қарқынды, тегеурінді, екпінді.*

**Ағынды көл**. *Өзен ағып шығатын көлдер.*

**АҒЫНДЫЛАР** зат. сушар. *Кәсіпорындар мен ауыл және мал шаруашылықтарында пайдаланылып, тазартудан өткен су қалдығы, ақаба.*

**АҒЫНҚҰМАР** зат. зоол. <грек. rheos – ағын, phileo – сүйемін> *Суы жылдам ағатын суқоймалар мен тасқынды тау өзендерінде тіршілік ететін жәндіктер.*

**АҒЫНСЫЗ** сын. *Қозғалыссыз, бір қалыпты, ақпайтын, ағыны жоқ.*

**Ағынсыз аймақ**. геогр. *Құрлықтағы өзендер жүйесінің мұхитпен байланысы жоқ бөлігі.* **Ағынсыз алап**. геогр. *Суы мұхитқа жетпейтін ағынсыз аймақ.*

**АҒЫН-ТӨГІН** сын. *Молшылық, аста-төк береке.*

**АҒЫНША** зат. кен. *Балқытылған сұйық кеннің шағын ағыны.*

**Ағыншамен тазарту.** кен. *Шөмiштен аққан сұйық шойынның ағынын оттекпен немесе тотықтырғыш газбен үрлеу арқылы тазалау.*

**АҒЫП-ТАМЫП** үст. **1**. *Ағып-төгіліп, бірде тамып, бірде ағып.* **2**. ауыс. *Үздік-создық, шашырап.* **3**. ауыс. *Ағыл-тегіл, көл-көсір.*

**АҒЫР** сын. ескікіт. *Лайықты, тұрарлық.*

**АҒЫРАБИ** сын. ***Аграби***.

**АҒЫС** зат. **1**. *Ағым, қозғалыс, тарам.* **2**. геогр. *Белгілі бір географиялық ендіктің ауа райын қалыптастыратын теңізге не құрлыққа бағытталған ауа қозғалысы.* **3**. ауыс. *Бағыт, беталыс, бағдар.*

**АҒЫС=** ет. *Зуылдасу, зымырасу.*

**АҒЫСТЫ** сын. *Ағысы қатты, күшті, қатты ағып жатқан.*

**АҒЫСУ** *Ағыс етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТ=** ет. **1**. *Босату, шешу.* **2**. ауыс. *Әнкүй, өлең-жыр т.б. тоқтаусыз, кібіртіксіз айту, ағылту, аңырату.*

**Ағытқан қойдай [қозыдай] жамырады.** *У-шу болды, шулады.* **Ағытып жіберді.** *Енесі сауылатын құлынды желіден босатып, ноқтасын сыпырып алып, еркіне жіберді.*

**АҒЫТҚЫЗ=** ет. *Ағыттыру, босатқызу.*

**АҒЫТҚЫЗУ** *Ағытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТПА[1]** зат. тех. электр. *Электр тізбектерін, электрондық блоктарды бір-біріне қосып, ажыратып тұратын электромеханикалық құрылғы.*

**АҒЫТПА[2]** зат. жерг. *Елдің шегарадан көптеп еркін өтуі, ашық шегара күндер.*

**АҒЫТПАЛЫ** сын. *Ағытып қоятын.*

**АҒЫТТЫР=** ет. *Ағытқызу, босаттыру, шештіру.*

**АҒЫТТЫРУ** *Ағыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТУ** *Ағыт етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТУЛЫ** сын. *Ағытылған, ағытылып қойылған.*

**АҒЫТЫЛ=** ет. **1**. *Жөңкілу, шұбау, шұбыру, жөйтку.* **2**. ауыс. *Ақтарылу, ағынан жарылу, шешілу, көсілу.*

**АҒЫТЫЛДЫР=** ет. *Ақтарылу, шешіліп сөйлеу, ағынан жарылу.*

**АҒЫТЫЛДЫРУ** *Ағытылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТЫЛУ** *Ағытыл етістігінің қимыл атауы.*

**АҒЫТЫС=** ет. *Шешісу, босатысу.*

**АҒЫТЫСУ** *Ағытыс етістігінің қимыл атауы.*

**АД: Ад қауымы.** діни. *Нұх пайғамбардың немерелерінен болған Адтың балаларынан тараған Хұд пайғамбардың қауымы.*

**АДАБ** зат. ескікіт. ***Әдеп.***

**АД-РЕФЕРЕНДУМ** зат. құқық. *Мемлекеттің келісімшарт міндеттілігімен немесе мәтінмен келісетіндігін алдын ала білдіру тәсілі ретінде мемлекет өкілінің халықаралық шартқа шартты түрде қол қоюы.*

**АДА[1]** ар. أداء сын. *Түк жоқ, жұрдай, құр алақан.*

**Ада болды**. *Таусылды, бітті, түгесілді, жоқ болды.* **Ада етті [қылды]**. *Тауысты, бітірді, аяқтады, түгесті.* **Ада ұрды.** *Шарқ ұрды.*

**АДА[2]: Ада ақсүйек.** діни. *Әзірет Әлінің әйелі Бибі Фатимадан тараған ұрпақтары, сейіт қожалар.*

**АДА[3]** зат. инф. <ағыл. ada> *Бағдарламалар жұмысының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін нақты уақыт режимінде қолдануға бейімделген жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі.*

**АДА=** ет. *Қайрат-жігері таусылу, біту, қалжырау.*

**АДА-ГҮДЕ** үст. *Біржола, мүлдем, бүтіндей, толығымен, тұтастай.*

**АДАҒАЙЛА=** ет. *Айғайлау, сүрен салу, айғай-шу шығару.*

**АДА-ЖҰДА** үст. сөйл. ***Ада-гүде***.

**АДА-КҮДЕ** үст. ***Ада-гүде***.

**АДАКТИЛИЯ** зат. мед. *Іштен саусақсыз туу кемістігі.*

**АДАҚ** сын. көне. *Дара.*

**АДАҚҚЫ** сын. жерг. *Аяққы, соңғы.*

**АДАҚТА=** ет. көне. **1**. *Аяқтау, ада ету, бітіру.* **2**. *Аралау, кезу.* **3**. *Ақтару, тіміскілеу, тінту.* **4**. *Оқшаулану, ерекшелену, даралану.*

**АДАҚТАЛ=** ет. көне. *Таусылу, аяқталу, біту.*

**АДАҚТАЛУ** *Адақтал етістігінің қимыл атауы.*

**АДАҚТАС=** ет. көне. *Бірге аралау, бірігіп ел кезу.*

**АДАҚТАСУ** көне. *Адақтас етістігінің қимыл атауы; ел кезісу.*

**АДАҚТАТ=** ет. көне. **1**. *Аралату, кездіру, шарлату.* **2**. *Оқшаулату, ерекшелету, даралату.*

**АДАҚТАТУ** *Адақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АДАҚТАУ[1]** *Адақта етістігінің қимыл атауы; аралау, кезу.*

**АДАҚТАУ[2]** зат. этн. *Күйеу баланың қалыңдығының туыстарына беретін соңғы сыйлығы, тартуы.*

**АДАЛ[1]** [ар. عادل] сын. **1**. діни. *Мұсылман дінінде рұқсат етілген нәрсенің, істегені, тұтынғаны үшін күнәға саналмайтын амал, іс-әрекет, тағам мен киім-кешек түрлерінің, т.б. сипаты.* **2**. *Таза, пайдалануға болатын, жарамды.* **3**. *Ар-ұяты күшті, ақ ниетті, таза (адам).* **4.** *Шын берілген, сенімді, күмән тудырмайтын.* **5**. *Кіршіксіз, мінсіз, пәк, қалтқысыз.* **6**. *Тура, анық, шын, ақиқат.* // көне. *Адал мал, дүние.*

**Адал ақы.** *Таза еңбекпен тапқан табыс.* **Адал ас**. а) *Таза, ішіп-жеуге жарамды, пайдалануға болатын ас.* ә) *Таза еңбекпен, маңдай термен келген ас.* б) діни. *Ислам шарттары толық сақталған, ішіп-жеуге жарамды тамақ, ішіп-жем.* **Адал болды.** *Таза еңбек етті, арамдық істемеді; шын берілді.* **Адалға қарасы жоқ**. *Малға да, асқа да жарымаған, тігерге тұяғы жоқ тақыр кедей.* **Адалдан бер, ақтан бер**. тілек. *Ізгілік жолдан табылсын деген мағынадағы ақ, оң бата.* **Адалдан жиған мал [дүние].** *Таза еңбекпен табылған байлық.* **Адал еңбек.** *Таза еңбек, өз күшімен істелген іс.* **Адал еңбек етті**. *Таза, маңдай тер, табанақымен табыс тапты, жұмыс істеді.* **Адал жанды.** *Арамдығы жоқ, таза ниетті.* **Адал жар**. экспр. *Сүйіп қосылған өмірлік жұбай.* **Адал жол.** *Дұрыс, оң бағыт, орынды іс-әрекет.* **Адал жіпсіз**. *Дүниесіз, малсыз.* **Адал итсіз**. бейн. *Ешбір малы жоқ, тақыр кедей.* **Адал көңіл.** *Таза ниет, ақ пейіл.* **Адал құс**. *Еті жеуге жарамды, үйрек, қаз, қырғауыл, бөдене сияқты дала құстары.* **Адал мал.** *Маңдай тер, табанақы, таза еңбегімен тапқан дүние.* **Адал ниет**. *Ақ, таза пейіл, шынайы көңіл, ыстық ықылас.* **Адал ниетті.** *Пиғылы дұрыс, діті оң, ынтасы тура.* **Адал ниеттілік.** *Діттің таза, пиғылдың оң болушылығы, аққөңілділік.* **Адал пейіл.** *Көңілінде жамандық жоқ, таза ниет.* **Адал сүт емген**. а) *Ата-ананың тәрбиесін алған, өнегелі, көргенді адам, негізі жақсы, текті.* ә) *Қайырымды, адал; Құдайға қараған.* **Адал, шын достық.** *Риясыз, бүкпесіз дос болушылық.* **Адалын алдарына салды**. *Барын аузына тосты, сыйлап күтті.* **Адалынан айырылды**. *Еңбекпен, маңдай термен тапқан малынан, дүниесінен жұрдай болды.*

**АДАЛА=** ет. *Ада ету, тауысу, бітіру, аяқтау.*

**АДАЛБАҚАН** зат. этн. *Киім ілетін көп ашалы, бұтақшалы қада ағаш, киіз үй жиһазының бірі.*

**АДАЛДА=** ет. **1**. *Адал еңбек етіп, ақтау.* **2**. *Оның, дұрысын тексеру, істің мән-жайын анықтау, ақ-қарасын білу.*

**АДАЛДАН=** ет. **1**. *Тазару, тазалану, арылу.* **2**. *Ақталу, өтелу.*

**АДАЛДАНУ** *Адалдан етістігінің қимыл атауы.*

**АДАЛДАУ** *Адалда етістігінің қимыл атауы; ақтау, тазалау.*

**АДАЛДЫҚ** зат. **1**. *Ізгілік, тазалық, имандылық қасиет.* **2**. *Бір-бірімен серттескен, сүйген адамдардың өзара шынайы берілгендігі.* **3**. діни. *Ислам шарттары бойынша астың ішіп-жеуге жарамдылығы, тазалығы.*

**Адалдыққа нан ұстады.** *Қазақтағы көне наным бойынша, сөзінің, ісінің, әңгімесінің шын екендігіне серт беру, куәландыруды білдіретін нанды қолмен ұстау ишаратын жасады.*

**АДАЛДЫЛЫҚ** зат. ***Адалдық***.

**АДАЛЗАДА** зат. көне. *Адал сүт емген, ана тәрбиесін көрген (ұл, қыз).*

**АДАЛСУ** *Адалсы етістігінің қимыл атауы.*

**АДАЛСЫ=** ет. жағымсыз. *Өзін-өзі адал, таза, бейкүнә етіп көрсету.*

**АДАЛСЫН=** ет. жағымсыз. *Адал, таза, әділ болғансу.*

**АДАЛСЫНУ** *Адалсын етістігінің қимыл атауы.*

**АДАЛШЫЛЫҚ** зат. *Адалдық, адамгершілік.*

**АДАЛЫМСУ** *Адалымсы етістігінің қимыл атауы.*

**АДАЛЫМСЫ=** ет. сөйл. ***Адалсы***.

**АДАЛЫНАН** үст. **1**. *Жөнімен, мейірімді, есті, саналы етіп.* **2**. *Ағынан, шынайы көңілімен, жан-тәнімен.*

**Адалынан жарылды.** *Бар ынта-көңілімен істеді, шын ниет, таза көңілін білдірді.* **Адалынан жолықтыр**. тілек. *Ақпейіл, аққөңіл, жібі түзу, жақсы адамға кезіктір, бақытты ет деген мағынадағы сөз.*

**АДАМ** [ар. آدم] зат. **1**. филос. *Ойлау және сөйлеу қабілеті зор, еңбек құралдарын жасап, оларды өз игілік қажетіне жарата білетін қоғамның саналы мүшесі.* **2**. *Адамзат өкілі, кісі.* **3**. психол. *Генетикалық жақтан өмірдің басқа формаларымен байланысты және ол формалардан еңбек құралдарын өндіру қабілетінің арқасында бөлініп шыққан, түсінікті сөйлей, ойлай алатын, саналы био-әлеуметтік тіршілік иесі.* **4**. діни. *Алланың жаратқан құлы, пенде.* **5**. пед. *Өзіндік мінез-құлқы, ой-өрісі, түр-тұрпаты бар ерекше жекетұлға.* **6**. экспр. *Рухани толысқан, жан-дүниесі бай, ақыл-парасат иесі.* **7**. *Тірі жан, тіршілік иесі, кісі атаулы.* **8**. *Кім болса да, қайсыбір, қандайда бір кісі.* **9**. *Өлшем, бірлік мағынасында.* **10**. ауыс. *Халық, жұрт, көпшілік.* **11**. ауыс. *Қандай да бір міндет жүктеген, осы міндетті атқарушы кісі немесе біреудің, бір нәрсенің құзырындағы тұлға, қызмет, кәсіп иесі, қандай да бір топ өкілі.*

**Адам азаттығы**. саяси. *Адамның бас бостандығы, еркі, тәуелсіздігі.* **Адам айтқысыз**. а) жағымды. *Керемет, ғажап, айтып жеткізуге болмайтын, ерекше.* ә) жағымсыз. *Ауызға алғысыз, нашар; түкке тұрғысыз.* **Адам аласы ішінде**. *Адамның айла-амалы, құлығы жасырын, құпия.* **Адам алатын бура**. *Кісіге шабатын, кісіні шайнап тастайтын күйлі бура.* **Адам анатомиясы**. *Адам ағзасының ішкі және сыртқы құрылысын зерттейтін ғылым.* **Адам атаулы**. *Жер бетіндегі күллі жұрт, адам баласы.* **Адам аулады**. *Адамға қиянат істеді, алдап-арбап, құлықпен мал-жанын ұрлады.* **Адам аяғы баспаған [аяғын салмаған]**. *Адам барып көрмеген, кісі бармаған (жер).* **Адам әлеуметі**. *Адам қоғамы.* **Адам баласы**. *Бүкіл адамзат, адам атаулы.* **Адам баласына жазығы жоқ.** *Ешкімге зияны жоқ, заласыз.* **Адам бар ма?** бейн. *Ешкім жоқ.* **Адам болды.** а) *Ер жетті, есейді.* ә) *Жұрт қатарына қосылды, саналы азамат санатына кірді.* б) *Ауруынан айығып, оңалды, сауыға бастады.* **Адам болмады**. а) *Оңалмады, денсаулығы қалпына келмеді, қайтып кісі бола алмады.* ә) *Ел қатарлы кісі бола алмады.* **Адам бетіне қарай алмады**. *Қатты ұялды, қысылды.* **Адам бұйрықтан қалмайды [кетпейді].** *Ажалдан ешкім құтылмайды, уақыты келгенде бәрі де о дүниелік болады, ажалсыз адам жоқ.* **Адам бық-бық етті.** *Қаптады, құжынады.* **Адам біткен**. *Бүкіл адамзат, жұрт, күллі халық.* **Адамға қайыр қылды**. *Біреуге жақсылық істеді, адамгершілік іс жасады.* **Адамға қарсы жасалатын зұлымдық.** қылмыс. *Жазықсыз адам өлтіру, нақақ қан төгу, бүлік шығару, азғындық жасау, адамдар арасындағы қарым-қатынас тәртібін қасақана бұзу, қысым жасап қорлық көрсету, қызмет бабын пайдаланып, қиянат жасау.* **Адамға санамады [есептемеді, балаған жоқ]**. *Менсінбеді, адам құрлы көрмеді, місе тұтпады.* **Адам емес.** *Адамшылығы аз, ұяты жоқ.* **Адам етті [қылды].** *Ел қатарына қосты, өсіріп-жеткізді.* **Адам жалмау**. *Өлтіру, көзін құрту.* **Адам жанының инженері.** газети. *Көңіл тапқыш, адам жанын тез түсінетін кісі туралы.* **Адам және жануарлар морфологиясы.** *Биологияның адам мен жануарлар ағзасының сыртқы құрылысын, пішінін зерттейтін саласы.* **Адам жұты.** *Жұт жылы адамдардың қырылуы, адам шығынының қисапсыз көп болуы.* **Адам – жылқы мінезді**. *Адам мінезі құбылмалы, аумалы-төкпелі.* **Адам капиталы**. қоғ.-әлеум. *Елдің экономикалық дамуы үшін аса маңызды болып табылатын еңбек күші ретіндегі адам қоры.* **Адам көрмеген**. *Керемет, ғажап, адам таңғаларлық.* **Адам күйіне [қалпына] түсті**. *Өзіне-өзі келді, етек-жеңін жинады; адамға ұқсады, кісі сияқты болды.* **Адам қатарына қосты**. *Тәлім-тәрбие беріп өсірді, жеткізді.* **Адам қолы тимеген.** *Жан баспаған, ел мекендемеген.* **Адам қолымен.** *Қолмен, адам жасаған деген мағынада.* **Адам құқығы.** заң. *Адамның өз мүдделерін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі.* **Адам құқылары мен бостандықтары**. заң. *Жеке адамның дүниежүзі қоғамдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқылары мен бостандықтары.* **Адам құрлы көрмеді**. *Адам деп есептемеді, менсінбеді.* **Адам мен жануарлар зиянкестері.** зоол. *Адам мен жануарлар ағзасын зақымдайтын паразиттер, улы жыландар, улы өрмекшілер, қансорғыш жәндіктер.* **Адам морфологиясы**. а) биол. *Адам ағзасының тіршілік әрекетіне, өмір сүрген ортаға байланысты физикалық даму ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы.* ә) антр. *Адамды жасына, жынысына, нәсіліне, этникалық, конституциялық, географиялық ерекшеліктеріне қарай зерттейтін ғылым саласы.* **Адамнан асқан**. *Ерекше, ешкім тең келмейтін, айрықша.* **Адамның басы – Алланың добы**. *Адам – Құдайдың құлы, бар билігі, тағдыры Құдайдың қолындағы пенде деген мағынада.* **Адамның дәті шыдамайды**. *Адам жаны төзбейді, көнбейді.* **Адамның иммундық тапшылық вирусы.** мед. <ағыл. human immunodefiiciency virus> *Жүре пайда болатын иммундық тапшылық синдромы ауруын тудыратын вирус.* **Адамның өз-өзіне жасайтын зұлымдығы.** діни. *Алла тағаланың әмірлеріне мойынсұнбау, өз-өзіне қол жұмсау т.б.* **Адам өтпес, аң жүрмес**. *Тірі жан, жан-жануардың аяғы тимеген.* **Адам санады**. *Кісі санады, ескерді, еледі.* **Адам сауды**. *Кісі еңбегін қанады, пайдаланды, арбап-алдады, езді.* **Адамның саяси құқықтары.** саяси. *Адамның, мемлекеттің қоғамдық және саяси өміріне араласу мүмкіндіктері.* **Адам сүймес**. *Жағымсыз, ұнамсыз, өрескел.* **Адам тәрізді маймылдар**. зоол. <грек. anthropoeides> *Адамға ұқсас болғандықтан, адам тәрізді деп аталып кеткен маймылдар отрядының тартанаулылар тобының бір тұқымдасы.* **Адам тегі**. *Адам баласы, адам нәсілі, заты адам.* **Адам төзгісіз**. *Шектен шыққан, шыдамайтын, қиын, ауыр.* **Адам ұлы**. *Адам баласы, барлық адамзат.* **Адам факторы.** а) қоғ.-әлеум. *Қоғамдық, саяси, экономикалық мәселелерде адамды бірінші орынға қоюшылық.* ә) экол. *Адамның «адам – орта» жүйесіндегі әрекетінің пәрменділігіне ықпал ететін не бұл әрекетті шектейтін анатомиялық-морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.* б) *Адамның әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми-техникалық ұйымдастырушылық-басқарушылық және басқа да қатынастар жүйесіндегі әрекетінің айрықша белгіленуі: қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы қызметтің субъектісі ретіндегі адамға қатыстының бәрі.* **Адам физиологиясы**. биол. *Биологияның тірі ағза мен оның жеке жүйелері, тіндері мен жасушаларының қызметін зерттейтін саласы.* **Адам шақ келмеді**. *Ешкім қарсы келе алмады, шыдамады.* **Адам шошырлық.** *Өте қорқынышты, жан түршігерлік.* **Адам экологиясы**. <грек. anthropos – адам, oikos – үй, Отан, logos – зерттеу> а) *Биосфера мен адамзаттың өзара қарым-қатынасындағы заңдылықтарды зерттейтін кешенді ғылым* ә) *Адамның жеке басының қасиеттерін жетілдіріп, өзіндік болмысын қалыптастыру, қорғау туралы ғылым.*

**АДАМАТА** зат. діни. *Діни наным бойынша Алла топырақтан жаратқан ең алғашқы кісі, күллі адамзаттың атасы; жер бетіндегі адам атаулының алғашқысы әрі адам баласына жіберілген тұңғыш пайғамбар.*

**АДАМГЕРШІЛ** сын. стиль. *Кісі қамын ойлағыш, жақсылық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл, кісілігі мол.*

**АДАМГЕРШІЛІК** зат. *Адам бойындағы қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін ахлақ ұғымы.*

**Адамгершілігі биік.** *Адамгершілік қасиеті жоғары.* **Адамгершілік тәрбиесі**. *Ізгілік, инабаттылық, ахлақты (мораль), адамгершілік сезімді қалыптастыру мен дамыту тәлімі.*

**АДАМДАЙ** сын. *Адам сияқты, адам тәрізді.*

**АДАМДЫҚ**[1] зат. *Адамға тән ізгі қасиет, адамгершілік, кісілік.*

**Адамдығын жойды.** *Адам атына кір келтірді, кісілігін, адамгершілігін жоқ етті.* **Адамдық аяныш**. поэт. *Адамшылық, мейірім.* **Адамдық диқаншысы**. поэт. *Ізгілікті, адамгершілікті насихаттаушы, мәдениеті жоғары, рухы биік адамға тән қадір-қасиетті дәріптеуші.* **Адамдық қадір-қасиет**. қоғ.-әлеум. *Жеке тұлғаның қоғам мүшесі, адамзат өкілі ретіндегі өзіндік жоғары ахлақ (мораль) қасиеттерінің жиынтығы, өзінің құқығы мен мәнділігін түйсінуі.* **Адамдық қатынас.** *Адамдар арасындағы ауызбірлікке, адалдық, достық, жолдастық сезімдерге негізделген қатынас.* **Адамдықтан аттамады**. *Адамгершілік, ар-ұжданын сақтады, сыпайылық танытты.* **Адамдықты жоғалтты.** *Адамгершіліктен айырылды.*

**АДАМДЫҚ**[2] сын. *Бір кісілік, бір кісіге арналған.*

**АДАМЖАНДЫ** сын. *Адамгершілігі зор, адамсүйгіш.*

**АДАМЗАТ** [ир. آدمي زاد] зат. **1**. *Бүкіл адам баласы*. **2**. *Заты, жаратылысы, тегі адам.*

**Адамзат әулеті**. *Адам баласы, адамзат тегі.*

**АДАМЗАТТЫҚ** сын. *Адамзатқа қатысты, адам баласына тән.*

**АДАМИ** сын. **1.** *Адамгершілігі бар.* **2.** *Адамға тән, адам бойына тиесілі.*

**Адами рух.** филос. *Гуманизм, адамгершілік.*

**АДАМИЛАНДЫР=** ет. әлеум. *Ізгілендіру, адам құқықтарын сақтауға, қорғауға бағытталу.*

**АДАМИЛАНДЫРУ** әлеум. *Адамиландыр етістігінің қимыл атауы; ізгілендіру.*

**АДАМИЯТ** зат. әлеум. *Адамзат баласының әлемі.*

**АДАМКИІК** зат. миф. **1**. *Адам бейнелі аң.* **2.** ауыс. *Жабайы, тәрбие көрмеген, жат, көпке ұқсамайтын кісі.*

**АДАМКӨРГІСІЗ** сын. *Тітіркендіретіндей, қарауға келмейтіндей.*

**АДАМ-КҮН** зат. заң. *Бір адамның бір жұмыс күніндегі еңбегінің көлемін есептеуде қолданылатын өлшем.*

**АДАМ-САҒАТ** зат. заң. *Бір адамның бір сағат ішіндегі еңбегінің көлемін есептеуде қолданылатын өлшем.*

**АДАМСУ** *Адамсы етістігінің қимыл атауы.*

**АДАМСҮЙГІШ** сын. *Ізгі, адамды жоғары бағалайтын, адам игілігін, құқығын жоғары қоятын.*

**АДАМСҮЙГІШТІК** зат. *Адамды ең жоғары құндылық ретінде бағалаушылық.*

**АДАМСҮЙЕР** сын. *Ізгі, адамды бағалайтын, игі.*

**АДАМСЫ**= ет. экспр. *Кісімсу, бөлсіну, паңсу.*

**АДАМСЫЗ** сын. *Адам тұрмайтын, адамы жоқ, кісісіз.*

**АДАМСЫМАҚ** сын. экспр. менсінбеу. **1**. *Адам іспеттес, адам деген аты ғана бар, адамдық қасиеттен жұрдай.* **2.** *Бас көтерер, кісісымақ.*

**АДАМСЫН**= ет. *Паңсыну, кісімсіну, өзгені менсінбеу.*

**АДАМСЫНУ** *Адамсын етістігінің қимыл атауы.*

**АДАМТАНУ** зат. терм. *Антропология, адамды, оның қоғамдық, табиғи болмысын, пайда болуы мен дамуын зерттейтін ғылымдардың жиынтығы.*

**АДАМТАНЫМДЫҚ** сын. терм. *Антропологиялық, адам болмысын зерттейтін ғылымға, ілімге қатысты.*

**АДАМША** үст. *Адам сияқтанып, адамға ұқсап.*

**АДАМШЫЛ** сын. *Адамға жаны ашығыш, қамқоршы.*

**АДАМШЫЛЫҚ** зат. *Адам бойындағы ізгі қасиет, адамгершілік.*

**Адамшылық арын аттады**. *Адамшылыққа кір келтірді.* **Адамшылық арын сатты [төкті]**. *Кісіге тән ізгі қасиеттен жұрдай болды, арұятты ұмытты.* **Адамшылыққа ұқсамады.** *Адамгершілікке жатпады.* **Адамшылықтан шықты.** *Кісіліктен кетті, ар-ұяттан безді.* **Адамшылықты ту қып ұстады.** *Адамгершілік танытты.*

**АДАНАС** сын. жерг. *Туыстас, туыс, ағайынды. // Туысқан бауыр, ағайын.*

**АДАПТАЦИЯ** [лат. adaptatio] зат. **1.** биол. *Адам ағзасының тіршілік ортаға бейімделуі.* **2**. экон. *Маркетингіде тиісті субъектінің және оны қоршаған әлеуметтік-экономикалық ортаның мүдделерін келістіру арқылы кәсіпорынның тұрақты қызметі мен дамуын қамтамасыз ететін негізгі атқарымдардың бірі.*

**АДАПТЕР** [лат. adaptare] зат. тех. **1**. *Компьютер мүмкіндіктерін арттыруға пайдаланылатын электрондық тетік.* **2**. *Дыбысалғыш құрылғылардың жалпылама атауы.*

**АДАПТОГЕН** зат. биол. *Ағзаның сыртқы теріс әсерге қарсыласуын күшейту қабілеті бар табиғи немесе жасанды препараттардың фармокологиялық тобы.*

**АДАПТОМЕТР** зат. тех. *Көздің дағдылану, жаттығу қабілетін өлшейтін аспап.*

**АДАРҒЫ** зат. этн. *Кілем, алаша тоқығанда пайдаланатын, өрмек жіптерін асты, үсті етіп бөліп көтеріп тұратын жұқа тақтайша түріндегі аспап.*

**АДАРҒЫЛ=** ет. қолөнер. *Өрмек жіптерін шатысып қалмау үшін тақтайшамен бөліп, сүзіп, өріп тұру.*

**АДАРҒЫЛАУ** *Адарғыла етістігінің қимыл атауы.*

**АДАС** зат. жерг. ***Аттас***.

**АДАС**= ет. **1**. *Жол таба алмай сенделу.* **2.** ауыс. *Теріс бағытқа түсу, қателесу, жаңылысу, шатасу.*

**Адасқан айып емес [адасқанның айыбы жоқ], қайтып үйірін тапқан соң**. *Қатесін түсініп, түзеген соң, адал, тура жолмен жүрген соң, өткенін мінеп, бетке салық етпеген жөн.* **Адасқан қаздай қақсады.** бейн. *Зар жылады, дәрменсіздік танытты.* **Адасқан құдай.** *Жалғыз өзі, жападан-жалғыз қалғандай.* **Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ**. *Адасар кезде алдың ашық, даңғыл көрінсе де, кейін қайтарыңда ол тар болып, қиындап, қыспаққа түсіреді.* **Адасып қалды.** *Жоғалтты, жолынан жаңылды.*

**АДАС: адас қылды.** *Адасты, абдырады, сасқалақтады.*

**АДАСҚАҚ** сын. *Адаса бергіш, қателескіш.*

**АДАСҚЫШ** сын. *Жиі қателескіш, шатасқыш, жаңылыса бергіш.*

**АДАСТАЙ** сын. *Адас сияқты бір-біріне ұқсас.*

**АДАСТЫР**= ет. **1.** *Басқа бір жаққа, жолсызға бағыттау, бағдарынан айыру.* **2**. ауыс. *Оң жолдан тайдыру, теріс жолға түсіру, қателестіру, шатастыру, жаңылыстыру.*

**АДАСТЫРУ** *Адастыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Жолынан жаңылыстыру, тайдыру.* **2**. ауыс. *Қателестіру, шатастыру.*

**АДАСТЫРУШЫ** зат. *Адастыруға мүдделі, әдейі шатастырушы адам.*

**АДАСУ** *Адас етістігінің қимыл атауы; қателесу, шатасу.*

**АДАСУШЫЛЫҚ** зат. *Қателесушілік, жаңылушылық.*

**АДАТ** зат. сөйл. ***Әдет***.

**АДАУ: адау тартты**. *Ескірді, ұмыт болды.* **Адау шөп**. *Өткен жылғы қалың пішен, шөп.*

**АДАУ** *Ада етістігінің қимыл атауы*

**АДАУАТ** зат. көне. *Жаулық, қастық, дұшпандық*

**АДАУ-ҚАДАУ** сын. *Селдір, сирек, әр жерде бір.*

**АДАШ** ұйғ. зат. жерг. *Дос, жолдас.*

**АДБАН** зат. көне. *Бағынышты елжұрттан алынатын алым-салық.*

**АДВАЙЗЕР** [ағыл. adviser] зат. жаңа. *Жоғары оқу орны студенттеріне жеке оқу жоспарын жасауға, оқу уақытын жоспарлауға көмектесу үшін белгіленген оқытушы, кеңесші.*

**АДВАЛОРЛЫҚ**: **адвалорлық баждар**. зат. экон. *Тауардың кедендік құнын пайыздық қатынас бойынша өндіріп алуды ұйымдастырушы кеден бажының түрі.*

**АДВЕКЦИЯ** [лат. advectio ] зат. геогр. *Метеорологияда ауаның көлденең бағытта қозғалып өзімен бірге жылу, ылғалдық сияқты т.б. қасиеттерін де қоса жылжыту үдерісі.*

**АДВЕНТИСТЕР** [лат. adventus] зат. теол. *19 ғ. 30-жылдары АҚШ-та протестантизмнің негізінде пайда болған христиандық ағымды ұстанушылар.*

**АДВЕРБИАЛ** [лат. adverbium] зат. лингв. *Қимылдың өту сипатын, күй-жайын білдіретін сөз табы, үстеу.*

**АДВЕРБИАЛДАН=** ет. лингв. *Сөз таптарының сөйлем ішінде үстеуге тән қасиет алуы.*

**АДВЕРБИАЛДАНУ** лингв. *Адвербиалдан етістігінің қимыл атауы.*

**АДВОКАТ** [лат. advocatus] зат. **1**. заң. *Сот ісі бойынша сенім берілген айыпкерді қорғаушы, құқық бойынша кеңес беруші.* **2**. ауыс. *Біреудің сөзін сөйлеуші, жоғын жоқтаушы.*

**АДВОКАТТЫҚ** сын. заң. *Адвокатқа тән, соған қатысты.*

**АДВОКАТУРА** зат. заң. *Адвокаттардың заңды тұлға мәртебесін танытатын қоғамдық ұйым.*

**АДГЕЗИЯ** [лат. adhaesio] зат. хим. *Бөлшектердің – атомдардың, иондардың, молекулалардың өзара әрекеттесуінен болатын әртүрлі сұйық немесе қатты денелердің жанасатын беттерінің жымдасып бірігуі.*

**АДДЕНДУМ** [лат. addere] зат. экон. **1.** *Бұрын жасалған сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартына жазбаша толықтыру.* **2.** *Шартқа, атап айтқанда, чартерге қол қоюшы тараптар әзірлеген толықтыру.*

**АДДИСОН: аддисон ауруы**. мед. *Бүйрек безінің қыртыс қабатынан шығатын гормондардың жетіспеуінен пайда болатын ауру.*

**АДЕНОВИРУСТАР** [грек. aden – без, лат. virus – у] зат. мед. *Құрамында дезоксирибонуклеин қышқылдары (ДНҚ) бар вирустар тұқымдастығы.*

**АДЕНОИД** [грек. aden – без, eidos – түр] зат. мед. *Жұтқыншақ бадамшасының қалыптан тыс ұлғаюы.*

**АДЕНОИДТАР** зат. мед. *Тамақ, мұрын бездерінің ұлкею үдерісі.*

**АДЕНОКАРЦИНОМА** зат. мед. <грек. aden – без, karkinoma – ісік> *Секрет шығаратын бездердің кілегей қабықшаларынан дамитын қатерлі ісік.*

**АДЕНОМА** [лат. aden – без, oma – ісік] зат. мед. *Әртүрлі без ұлпаларында пайда болған оң сипаттағы ісік.*

**АДЕНОМАТОЗ** зат. мед. *Аденомалар көбейіп кетуі.*

**АДЕНОМЭКТОМИЯ** зат. мед. *Қуықасты безін (простатаны) сылып тастау.*

**АДЕНОПАТИЯ** зат. мед. *Бездің созылмалы ауруы.*

**АДЕНОТРИХИЯ** зат. мед. *Фоликулалары өзгеруінен шаш өсуінің бұзылуы.*

**АДЖАР** зат. этнон. *Тілі грузин диалектілерінің біріне жататын Грузия құрамындағы Аджар автономды Республикасының негізгі халқы.*

**АДЖАСТЕР** зат. экон. *Сақтандыру оқиғасына байланысты туындаған зиянның орнын толтыру жөнінде сақтанушы немесе пайда алушы мәлімдеген талаптарды реттеумен байланысты мәселелерді шешу кезінде сақтанушының мүдделерін білдіретін жеке немесе заңды тұлға.*

**АДЖИКА** [абх. аджика] зат. тамақ. *Бұрыш, тұз және түрлі шөптерден жасалатын тау халықтары мәзіріндегі ащы дәмдеуіш.*

**АДИАБАТА** [грек. adiabatos] зат. физ. *Адиабаталық (термодинамикалық) үдерісті көрсететін сызық.*

**АДИАБАТАЛЫҚ** [грек. adiabatos] сын. физ. *Қоршаған ортамен жылу алмаспайтын физикалық жүйеде өтетін термодинамикалық үрдіс.*

**АДИСА** зат. көне. *Оқиға, кездейсоқ құбылыстар.*

**АДИЯ** зат. көне. *Сыйлық, сый-сияпат; садақа.*

**АДМИНИСТРАТОР** зат. *Белгілі бір мекеменің жұмыс жүйесін, ісін басқарушы шенеунік.*

**АДМИНИСТРАЦИЯ** [лат. administratio] зат. ***Әкімшілік***.

**АДМИРАЛ** [ар. آدمي زاد; гол. Admiraal] зат. әск. *Әскери-теңіз флотындағы ең жоғарғы шен.*

**АДМИРАЛДЫҚ** сын. әск. *Адмиралға қатысты*.

**АДМИРАЛИССИМУС** зат. әск. *Барлық флоттардың адмиралы.*

**АДМИРАЛТЕЙСТВО** зат. **1**. *Теңіз флоты істерін жүргізіп отыратын мекеме.* **2**. *Соғыс кемелері тұратын, оларды жөндейтін орын.*

**АДН** зат. діни. ***Жәннат-Ғадін*** *(жеті қат көктердің үстінде жаратылған сегіз жаннаттан дәреже тұрғысынан ең үстем болғаны)*.

**АДОЛЕСКАРИЙ** зат. зоол. *Бауыр құртының (фасциола) өсу сатыларының бірі; Кейбір сорғыш құрттардың даму кезіндегі соңғы дернәсіл сатысы.*

**АДОЛЕСКАРИЯ** зат. зоол. ***Адолескарий***.

**АДРЕНАЛИН** [лат. adrenalis; ad – маңында, қасында; renalis – бүйрек] зат. мед. *Бүйрекүсті безінің бозғылт затын құрайтын хромаффинді жасушалар тобының адреноциттері (адренонефроциттер) бөлетін гормон; ағзадағы зат алмасуды жылдамдататын, қан құрамындағы қантты көбейтетін, қан қысымын жоғарлататын гормон.*

**АДРЕС** [франц. adresse] зат. **1**. ***Мекенжай***. **2**. *Пошта арқылы жіберілген хат, жолдама-сәлемдеме сияқты нәрселердің сыртындағы алушының мекенжайы мен аты-жөнін көрсеткен жазу.* **3**. ауыс. *Жеке басы, өзі, аты, нәмі.*

**Адрес столы**. ор.сөйл. ***Мекенжай үстелі***.

**АДРЕСАНТ** [нем. Adressant] зат. лингв. *Тілдік қарым-қатынастағы ақпарат жіберуші, сөйлеуші.*

**АДРЕСАТ** [нем. Adressat] зат. лингв. *Тілдік қарым-қатынастағы ақпарат алушы, тыңдаушы, қабылдаушы.*

**АДРЕСТІК: адрестік арақатынас.** инф. *Сол жағында адрестік жақшаға алынған шамалардың тізімі көрсетілген, ал оң жағында осы шамалардың адрестерінің мәндері көрсетілген теңдік.*

**АДСОРБЕНТ** [лат. ad – жанында, sorbere – жұтатын] зат. хим. *Үстіңгі бетінде адсорбция жүретін дене.*

**АДСОРБЦИЯ** [лат. ad – жанында, sorbere – жұтатын] зат. хим. *Беткі қабаты арқылы ерітіндіден немесе газдан затты сіңіру, жұту, сорып алу үдерісі.*

**Адсорбция изотермасы.** физ. *Адсорбцияланған заттардың тепе-теңдік мөлшеріне, оның тұрақты температурадағы қысымына немесе көлемдік фазадағы концентрациясына тәуелділігі.*

**АДСТРАТ** [лат. ad – қасында, stratum – қатпар] зат. лингв. *Әртүрлі халықтардың ұзақ уақыт бірге өмір сүріп, қарым-қатынаста болуынан пайда болған тіл жүйесіндегі өзгерістер.*

**АДУ** сын. көне. ***Адуынды***.

**АДУАКАТ** ор.зат. сөйл. ***Адвокат***.

**АДУКИ** зат. тамақ. *Шығыс елдерінде сатылатын майда домалақ қызыл бұршақтар.*

**АДУЛЫҚ** зат. ***Адуындық***.

**АДУУ** зат. көне. *Жау, дұшпан, қас.*

**АДУЫН** сын. *Ешкімді бетіне қаратпайтын өр мінезді, өркөкірек, шайпау.*

**Адуын мінезді.** *Өр мінезді, өркөкірек.*

**АДУЫНДА**= ет. *Өр көкіректен, қызбаланып өршелену, екпіндеу.*

**АДУЫНДАН**= ет. *Қатулану, өршелену.*

**АДУЫНДАНУ** *Адуындан етістігінің қимыл атауы.*

**АДУЫНДАҢҚЫРА**= ет. *Өршеленіңкіреу, қызбаланыңқырау, екпіндей түсу.*

**АДУЫНДАУ** сын. *Өжеттеу, өркөкіректеу, азулылау.*

**АДУЫНДЫ** сын. *Азулы, өжет, өткір, қызба.*

**АДУЫНДЫҚ** зат. *Өркөкіректік, өжеттік, өткірлік.*

**АДУЫНДЫЛЫҚ** зат. ***Адуындық***.

**АДЪЕКТИВ** [лат. adjectivum] зат. лингв. *Сын есім.*

**АДЪКВТИВТЕНУ** [лат. adjectivus] зат. лингв. *Сөздің сын есім тобына өту немесе сөйлем ішінде сын есімдік қасиет алу үдерісі.*

**АДЪЮДИКАЦИЯ** зат. заң. *Аумақтық дауды халықаралық арбитраж не сот шешімі арқылы шешіп, аумаққа ие болудың тәсілі.*

**АДЪЮНКТУРА** [лат. adjunctus] зат. терм. **1.** *Әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрларды дайындау нысаны; әскерилердің аспирантурасы.* 2. *Ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми және ғалым педагог мамандарды даярлаудың барлық түрінің атауы.*

**АДЫ** сын.көне. ***Текті***.

**АДЫГЕЙ** зат. *Адыгей автономиялық облысындағы негізгі тұрғын халық және сол халықтың өкілі.*

**АДЫМ** зат. **1**. *Жүру кезіндегі екі аяқтың арақашықтығы, қадам.* **2**. ауыс. *Іс-әрекет, ілгері ұмтылыс, қарқын.*

**Адым аттатпады**. *Жақындатпады, жібермеді, жолатпады.* **Адымды аштырмады**. а) *Тырп еткізбеді, аузын аштырмады, сөйлеуге мүмкіндік бермеді.* ә) *Бір қадам басқызбады, жүруге мұршасын келтірмеді.* б) *Бөгет болды, кедергі келтірді, ұнжырғасын түсірді.* **Адым жерге жібермеді**. *Тырп еткізбеді, бірден ұстады.* **Адым жер шегінбеді**. *Қасқайып жауға қарсы тұрды, жауды алға жібермей, қарсылық көрсетті.* **Адымы қысқа**. *Өрісі тар, ғұмыры шектеулі.* **Адымын аңдап [санап] басты**. *Асқан сақтықпен, абайлап, байқап жүрді.* **Адымын аңдып басты**. *Дымын білдірмей, ақырын жүрді.* **Адымын аңдыды**. *Жүрген ізін қадағалады, бөле іздеді, арамдық ойлады.*

**АДЫМДА**= ет. **1**. *Аяқты көсілте, соза басу, қадымдау.* **2**. ауыс. *Күшті қарқынмен ілгері басу, қарыштау.*

**АДЫМДАҒЫШ** сын. *Адымдап жүретін, адымдап қозғалатын.*

**Адымдағыш мәшинелер**. тех. *Әдетте бір орыннан екінші орынға қарай қозғалатын механизмдермен жабдықталған, жылжып жүретін мәшинелер.* **Адымдағыш экскаватор**. тех. *Арнаулы механизм көмегімен жылжып, өзі жүретін экскаватор.*

**АДЫМДАЙ** сын. *Адымға жуық, бір қадамдай, адым шамасында.*

**АДЫМДАТ**= ет. *Қадамдату, аяқты соза басқызу.*

**АДЫМДАТУ** *Адымдат етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫМДАУ** *Адымда етістігінің қимыл атауы; аяқ басу.*

**АДЫМДЫ** сын. *Адымы кең, үлкен.*

**АДЫН: адын леп**. *Ыстық, қызба дем, леп.*

**АДЫҢ-КҮДІҢ** сын. **1**. *Абыр-күбір.* **2**. *Арсы-гүрсі.*

**АДЫР**[1] зат. **1**. *Бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан биік қырқа, дөңес жер.* **2**. геогр. *Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі шөл және шөлейттегі дөңесті және белесті аласа таулар.* **3**. ауыс. *Адам өмірінің бір белесі, кезеңі.*

**АДЫР**[2] зат. құр. *Сылақтың тегіс болуына кедергі келтіретін кедір-бұдыр.*

**Адыр мінезді**. *Тік, ожар мінезді, одыраңдаған (адам).*

**АДЫРА**[1] зат. *Бұғы, аю т.б. аң терілерінен жасалған бұйым, зат.*

**АДЫРА**[2] үст. *Құр, бекер, бос.*

**Адыра қал [қалғыр, қалсын].** а) қарғ. *Тұқымы құрысын, жойылып кетсін, иесіз қалсын деген мағынада қолданылатын сөз.* ә) сөйл. жағымды. *Осы кезде айтылмаса, орындалмаса, жүзеге аспаса, жақсы істің, сөздің мәні болмайды деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Адыра қалды**. а) *Қаңырап, ешкімге керексіз болып иесіз қалды, бос қалды;* ә) *Қараң қалды, құрып кетті.* б) *Ұмыт болды, мүлде естен шықты.* в) *Сәнінен, күшінен айырылды, жұпыныланды, қарабайырланды.* **Адыра талқан қылды**. *Бытшытын шығарды, талқандап бұзды; күл-талқан етті.*

**АДЫР-АДЫР** сын. *Қырат-қырат, белбелесті.*

**АДЫРАЙ**= ет. **1**. *Көзін бадырайта қарау, ежірею, бақыраю.* **2**. *Қан тамыры, ағаш тамырының торсиып білеуленуі.* **3**. ауыс. *Басынан сөз асырмау, бірбеттену.*

**АДЫРАЙТ**= ет. *Бақырайту, бадырайту.*

**АДЫРАЙТУ** *Адырайт етістігінің қимыл атауы; көзін бақырайту, бадырайту.*

**АДЫРАҚ** елік. *Көздің бадыраюын бейнелейтін сөз. // Бақырайған, бажырайған.*

**Адырақ көз**. *Бадырақ көз.*

**АДЫРАҚПАЙ** сын. сөйл. экспр. *Әпербақан, ұрда-жық.*

**АДЫРАҚТА**= ет. *Едіреңдеу, одыраңдау, бағжаңдау.*

**АДЫРАҚТАУ** *Адырақта етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫРАН** үст. жерг. *Сирек, жайбарақат.*

**АДЫРАНА** зат. сөйл. ***Адырна***.

**АДЫРАҢ** елік. **1**. *Ебедейсіз, дөрекі түрдегі бір реттік қимылды бейнелейтін сөз.* **2**. ауыс. *Тұрпайы мінезді, едіреңдеген.*

**АДЫРАҢ-АДЫРАҢ** елік. *Бірнеше дүркін қайталанған ебедейсіз, дөрекі қимылды бейнелейтін сөз.*

**АДЫРАҢБАЙ** сын. сөйл. қарап. экспр. *Адыраңдап, әкіреңдеп қалған мазасыз, тынышсыз, әпербақан.*

**АДЫРАҢДА**= ет. *Одыраңдау, едіреңдеу, ерсі мінез көрсету.*

**АДЫРАҢДАС**= ет. *Одыраңдасу, едіреңдесу.*

**АДЫРАҢДАСУ** *Адыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫРАҢДАТ**= ет. *Адырақтату, едіреңдету.*

**АДЫРАҢДАТУ** *Адыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫРАҢДАУ** *Адыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫРАҢҚЫ** сын. *Адырайған, едірейген.*

**АДЫРАСПАН** зат. өс. **1**. *Ауруларды емдеуге қолданылатын, емдік қасиеті күшті, көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2**. <лат. peganum harmala> *Түйетабандар тұқымдасына жататын көбінесе шөл, шөлейт, сортаң жерлерде өсетін ақ, сары түсті көпжылдық өсімдік.*

**Адыраспан түтету.** діни. *Жын-шайтан, пәле-жәлені, ауру-сырқауды, тіл-көзді қуамын деген наным-сеніммен құраған адыраспан бұтақтарын жағып, үйдің т.б. іші-сыртын айналдыра түтіндету, аластау.*

**АДЫРАЮ** *Адырай етістігінің қимыл атауы.*

**АДЫР-БҰДЫР** сын. **1**. *Жазық емес, ой-қыр, кедір-бұдыр, адыр-белес.* **2**. ауыс. *Шалдыр-шәлкес, қыңыр-қисық, қырсық.*

**Адыр-бұдыр мінез.** *Мінезі арсың-гүрсің.*

**АДЫР-БҰДЫРЛЫ** сын. *Ойлы-қырлы, адыр-белесті.*

**АДЫРЛАУ** сын. **1.** *Кедір-бұдырлылау, жоталау, дөңестеу.* **2**. ауыс. *Дөрекілеу, қатаңдау, өрескелдеу.*

**АДЫРЛЫ** сын. *Адыр-белесті, адыры көп.*

**АДЫРЛЫҚ** зат. *Ожарлық, дөрекілік, теріс, тік мінезділік.*

**АДЫРМАҚ-БҰДЫРМАҚ** сын. сөйл. *Адыр-бұдырлы, дөң-дөңесті, кедір-бұдыр, төмпешік.*

**АДЫРМАҚТЫ** сын. *Адырлы, дөң-дөңесті, төбелі.*

**АДЫРНА**[1] зат. көне. *Садақ ағашының екі басын иіп ұстап тұратын, жебені тіреп ататын керме қайысы.*

**АДЫРНА**[2] зат. көне. муз. этн. *Қазақ халқының саз аспабы.*

**Адырнасын өгіздей мөңіретіп.** поэт. *Зарлатып, таусылып.*

**АДЫРНАЛЫ** сын. көне. *Адырнасы бар, мықты, берік.*

**АДЫРСЫЗ** сын. *Адыры, дөң-дөңесі жоқ.*

**АДЫРСЫМАҚ** зат. экспр. *Адырлау, биігірек жер.*

**АДЫРШЫҚ** зат. *Ұсақ, кішкене адыр.*

**АДЪЮТАНТ** [лат. adjunctus] зат. әск. *Жоғары әскери басшылардың қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер.*

**АЖА** зат. көне. *Үй ішіндегі, ауыл-аймақтағы бас көтерер ақылшы адам.*

**АЖАБАТ** сын. көне. *Сырлы, құйқалы.*

**АЖАҒАЙ** зат. сөйл. ***Найзағай***.

**АЖАҒАЙДАЙ** сын. *Ажағай сияқты, найзағай тәрізді.*

**АЖАЙЫП** [ар. عجائب] зат. сөйл. ***Ғажайып***.

**АЖАЙЫПХАНА** [ар.+ир. عجائب – خانه] зат. *Хайуанаттар мұражайы.*

**АЖАЛ** [ар. أجل] зат. **1**. *Адамның ғұмырының аяқталуы, өлім, қаза.* **2.** діни. *Діни агиологияда Жаратқан Алланың құдіреті күшімен адамның, тіршілік иесінің жанының алынуы, өмір сүруін тоқтатуы, дүниеден өтуі.*

**Ажал айдады.** а) *Пәлеге, қырсыққа жолықты.* ә) *Өлімге итермеледі.* **Ажал алды**. *Қайтыс болды, өлді.* **Ажал аранын ашты**. *Қауіп-қатер төнді, өлім таянды.* **Ажал аузынан қайтқан.** *Өлімнен, қатерден аман қалған.* **Ажал аузында**. *Өлім халінде, қатер үстінде, өлім халінде.* **Ажал ауыздықтады**. *Өлім тақалды, қатер алқымынан алды.* **Ажал болды.** *Өлімге ұшыратты, қаза таптырды.* **Ажалға арашашы болды.** *Өлімнен алып қалды, қамқорлық жасады, қауіптен құтқарды.* **Ажалға ерікті болды.** *Жанын қиды, өлімге баруға да дайын болды.* **Ажалға тура қарады.** *Аянкестенбеді, өз өмірін, тәнін ойлап, жанын, арын сатпады, өлімнен қорықпады.* **Ажалдан арашаланды**. *Аман қалды.* **Ажалдан арашалап алды [қалды].** *Өлімнен сақтап қалды, аман қалуына себепші болды.* **Ажалдан қалды**. *Өлімнен, қауіп-қатерден құтылды.* **Ажалдың аузына түсті**. *Қауіп-қатерге тап болды, өлімге душар болды.* **Ажалдың исі шықты**. *Өлім қаупі келді, өлетін уақыт жетті.* **Ажалдың шебі**. *Өлімнің торы, тұзағы, шеңгелі.* **Ажал келді.** *Өмір сүрер мерзімі таусылды.* **Ажал күні болды [жетті].** *Дәмі таусылды, жарық күні бітті, өлер сағаты таянды.* **Ажал қармағын салды**. *Өлім сағаты жетті, дәмі таусылды, мерт болды.* **Ажал қашты.** *Ажалды жеңді, өлім кетті.* **Ажал құрығы.** бейн. *Өлім, пешенеге жазылған ғұмыр.* **Ажалмен алысты**. *Өлімге қарсы күресті, өліммен жағаласты.* **Ажал оғы.** бейн. *Өлім, қаза ала келген, ажалына тиген оқ.* **Ажал оғы атылды.** *Өлді, дүние салды.* **Ажал оғы тиді [жетті].** *Қаза тапты, қайтыс болды, көз жұмды.* **Ажал сағаты.** бейн. *Өлім.* **Ажал сағаты соқты**. *Өлетін, дүниеден өтетін мезгіл жетті.* **Ажалсыз жан шықпайды**. *Діни сенім бойынша өлім, қазаның Құдайдың жіберген бұйрығына байланысты екендігі.* **Ажал тапты**. *Өлді, қаза болды.* **Ажал таянды [төнді].** *Өлім жақындады, жан шығар уақыт келді.* **Ажал торына тап болды**. *Жан тапсырды, о дүниеге аттанды.* **Ажал төндірді.** *Өлімді жақындатты.* **Ажал түртті**. *Өлім айдады.* **Ажал тырнағы**. *Өлім құрсауы, өлім қатері.* **Ажал уақыты жетті**. *Өлетін, жан тапсыратын мезгіл болды.* **Ажал шырмады.** *Өлім сағаты таянды.* **Ажалы жоқ**. *Бұйрықсыз өлім болмайтын, өле қоймайтын, ажалсыз.* **Ажалы келді [жетті].** *Өлім сағаты келді, дәм-тұзы таусылды.* **Ажалына асықты**. *Қауіп-қатерге бас тікті, өзін-өзі өлімге итермеледі.* **Ажалынан үш күн бұрын өлді**. *Мезгілсіз, ерте, қапыда қайтыс болды.* **Ажалы таяды.** *Демі бітті, дәм-тұзы таусылды.*

**АЖАЛДАЙ** сын. *Тажалдай, әзірейілдей.*

**АЖАЛДЫ** сын. **1**. *Ажалы жеткен, ажалы бар.* **2**. *Ажал әкелетін, өлімге душар ететін.*

**Ажалды киік адырға [қашады]**. *Бәле түртіп, жаманшылыққа бастау; адамның жамандыққа ұрынуына өзі себеп болады.* **Ажалды қарға бүркітпен ойнайды**. *Адамның бәлеге ұшырауына өзі себеп болады.* **Ажалды оқтан құтылмайды**. *Өлетін адам не жануар қатерден (өлімнен) қашып құтылмайды.*

**АЖАЛМАН** зат. *Өлімнен тайсалмас, қайтпас, өлімге басын байлағыш адам.*

**АЖАЛСЫЗ** сын. *Өлмейтін, ажалы жоқ, көретін жарығы бар.*

**АЖАЛСЫЗДЫҚ** зат. *Ажалы жоқтық.*

**АЖАЛ-ТАЖАЛ** зат. *Қорқынышты жаман өлім, сұм қаза.*

**АЖАЛШЫ** зат. сөйл. *Өлім қаупін төндіруші, өлтіруші, ажал әкелуші.*

**АЖАМ** зат. көне. *Арабтар емес, арабтардан басқа халық, бөтен ел.*

**АЖАН** [ир. آژان] зат. көне. *Күзетші, қылмыскерді айдаушы, сақшы, айдауыл.*

**АЖАНТАЙ** зат. ***Ажан***.

**АЖАНТАЙЛЫҚ** зат. *Айдауыл қызметі.*

**АЖАП** сын. сөйл. ***Ғажап***.

**АЖАР** зат. **1**. *Бет-пішін, келбет, түртұрпат, жүз.* **2**. *Шырай, көрік, әр, сұлулық, әдемілік, сыр-сипат.* **3.** ауыс. *Абырой, бедел.*

**Ажар берді**. *Өңдендірді, гүлдендірді.* **Ажар білдірді [танытты].** *Сыңай танытты, емеурін білдірді, бет құбылысымен сездірді.* **Ажар салды**. *Тілек айтты, базыналық қылды.* **Ажары кетті [қайтты, тайды].** *Жүзі солып, көркі кетті, қартайды.* **Ажары кірді**. *Әрленді, көріктенді, бетіне қан жүгірді, оңалды.* **Ажары қашты.** *Адамның нашар көңіл күйден бет әлпеті, түртүсі бұзылды.* **Ажарын бермеді**. *Өңі таймады, өзгермеді.* **Ажарын жоғалтты.** *Көркі кетті, ажарсызданды.* **Ажарын пәс қылмады.** *Құлпыртты, сәндеді.* **Ажарын сатты**. *Беделін салды.* **Ажарын таныды [байқады].** *Хал-жай, көңіл-күйін аңғарды.* **Ажары өтті.** *Қадірледі, беделі жетті, сөзі іске асты.* **Ажары өтпеді**. *Сөзін сыйламады, қадірлемеді, беделі жүрмеді.* **Ажары сынды.** а) *Өңі қайтты, қартайды.* ә) *Көңілі жабырқады, мұңайды.* **Ажары сынық**. *Өңі жүдеу тартқан, көңілсіз.* **Ажары тозды**. *Жүдепжадады, кейіді.*

**АЖАР-КӨРІК** зат. **1**. *Ерекше түр-келбет, шырай, сұлулық.* **2**. *Сән-салтанат, көрікті айшық.*

**АЖАРЛА**[1]= ет. *Тары дақылын іріктеу, түрге бөлу, сорттау.*

**АЖАРЛА**[2]= ет. **1**. *Бір нәрсені сәндеу, әрлеу, айшықтау.* **2**. ауыс. *Өңін кіргізу, өрнектеу, әдемілеу, мәнін арттыру.*

**АЖАРЛАҒЫШ** зат. сөйл. *Ою-өрнек, бедер салу үшін пайдаланылатын құрал, ағаш сүргілегіш, әрлегіш.*

**АЖАРЛАН**[1]= ет. **1**. *Өң кіру, құлпыру, түрлену, жайнау, әдемілену.* **2**. *Гүл-гүл жайнау, түрлену, әсемдену, жандану.* **3.** ауыс. *Малдың қонданұы, семіріп, жүні жылтырап жетілуі, құлпыру.* **4**. ауыс. *Ерекше өң алу, реңі қоюлану.*

**АЖАРЛАН**[2]= ет. *Тарының іріктелуі, сұрыпталуы.*

**Ажарланған күріш**. ауылшар. *Сыртқы қауызы мен қабығы тазарған, ақталған күріш.*

**АЖАРЛАНДЫР**= ет. *Әрлендіру, көріктендіру, түрлендіру.*

**АЖАРЛАНДЫРУ** *Ажарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЖАРЛАНУ**[1] *Ажарлан[1] етістігінің қимыл атауы; көркею, көріктену.*

**АЖАРЛАНУ**[2] *Ажарлан[2] етістігінің қимыл атауы.*

**АЖАРЛАТ**= ет. *Сәндету, әрлету, көркейту.*

**АЖАРЛАТУ** *Ажарлат етістігінің қимыл атауы.*

**АЖАРЛАУ**[1] *Ажарла етістігінің қимыл атауы; сәндеу, оң, көрік беру.*

**АЖАРЛАУ**[2] зат. қолөнер. *Қолөнершіліктегі жасалған бұйымды сәндеу, әрлеу ісі, әдемі, етіп құлпырту үдерісі.*

**АЖАРЛАУШЫ** зат. *Өңдеп қырнаушы, тегістеуші (маман).*

**АЖАРЛАУЫШ** зат. тех. *Тегістейтін, өңдейтін аспап.*

**АЖАРЛЫ** сын. **1**. *Көрікті, келбетті, шырайлы, сұлу.* **2.** ауыс. *Көркем, әсем, ойлы.*

**АЖАРЛЫЛЫҚ** зат. *Әдемілік, көріктілік, келбеттілік.*

**АЖАРСЫЗ** сын. **1**. *Көріксіз, ұсқынсыз.* **2**. *Бейберекет, сүреңсіз, сұрықсыз, ұсқынсыз.* **3.** ауыс. *Шарасыз, көңілсіз, амалсыз, бейдауа.*

**АЖАРСЫЗДАН**= ет. **1**. *Әрсіздену, көріксіздену.* **2**. *Сүреңсіздену, сұрықсыздану, ұсқынсыздану.*

**АЖАРСЫЗДАНУ** *Ажарсыздан етістігінің қимыл атауы; сүреңсіздену, сұрықсыздану.*

**АЖАРСЫЗДЫҚ** зат. **1**. *Әрсіздік, көріксіздік.* **2.** *Сүреңсіздік, сұрықсыздық.*

**АЖАР-СЫМБАТ** зат. *Көрік-келбет, шырық-шырай.*

**АЖДАҺА** [ир. اژدها] зат. **1**. ***Айдаһар***. **2.** ауыс. *Обыр, озбыр, қорқау, жауыз.*

**АЖДАҺАДАЙ** сын. *Ажданһа сияқты, айдаһардай қаһарлы, сұсты.*

**Аждаһадай ирелеңдеді.** а) *Бұраландап, арындап қозғалды, анда бір, мында бір соқтығылып*

*ақты (ұшты).* ә) *Кенеттен пайда болып, тез арада арбап, жаулап алды.* **Аждаһадай жұтты.** *Сыпырып-сиырып жұтты.*

**АЖДАҺАША** үст. *Аждаһаға ұқсап.*

**АЖИЗ** сын. көне. *Әлсіз, күшсіз, дәрменсіз, қайратсыз; нашар, жаман.*

**АЖИО** [итал. aggio] зат. экон. *Бағалы қағаздардың нарықтық бағамының (курсының) номиналынан өсу жағына ауытқу жағдайы.*

**АЖИОТАЖ** [франц. agiotage] зат. экон. *Бағалы қағаздарға, тауарларға бағаны қолдан арттыру үшін биржада, нарықта жүргізілген алыпсатарлық әрекеттер.*

**АЖМАҒИН** ар. есім. діни. ескікіт. *Бәрі, барлығы.*

**АЖУА** [ар. هجو] зат. *Мысқыл, кекесін сөз, келемеж, мазақ.*

**Ажуа болды.** *Мазаққа, келекеге қалды.* **Ажуа етті.** *Мазақ етті, келеке қылды.*

**АЖУАЛА=** ет. *Мазақтау, келемеждеу, мысқылдау.*

**АЖУАЛАС=** ет. *Мазақтасу, келемеждесу, мысқылдасу.*

**АЖУАЛАСУ** *Ажуалас етістігінің қимыл атауы.*

**АЖУАЛАУ** *Ажуала етістігінің қимыл атауы; мазақтау, келемеждеу, мысқылдау.*

**АЖУАЛЫ** сын. *Мысқылды, кекесінді, келемежді.*

**АЖУАЛЫҚ** зат. *Мысқыл-кекесін, келемеждік.*

**АЖУА-МАЗАҚ** зат. *Ажуа-сықақ, ажуа-мысқыл.*

**АЖУА-МЫСҚЫЛ** зат. *Кекесін-келеке, күлкі-келемеж.*

**АЖУА-СЫҚАҚ** зат. *Сайқы-мазақ, әзіл-қалжың, мысқыл-кекесін.*

**АЖУАШЫЛ** сын. *Мысқылшыл, сықақшыл, әзілқой.*

**АЖУАШЫЛДЫҚ** зат. *Мысқылшылдық, сықақшылдық, әзілқойлық.*

**АЖҮН** [ар. حاج] зат. сөйл. ***Мәжнүн.***

**АЖЫ** [ар. اجون] зат. сөйл. ***Қажы.***

**АЖЫҒҰНЫҚ** сын. жерг. *Бері жығыл десе, ары жығылатын, қырсық (адам).*

**АЖЫЛ** зат. *Қатты гуіл, ызың.*

**АЖЫЛДА=** ет. *Қатты гуілдеу, күркіреу, азынау, арқырау, шарылдау.*

**АЖЫЛДАС=** ет. *Гуілдесу, күркіресу, ызыңдасу.*

**АЖЫЛДАСУ** *Ажылдас етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫЛДАТ=** ет. *Гуілдету, гүрілдету, күркірету.*

**АЖЫЛДАТУ** *Ажылдат етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫЛДАУ** *Ажылда етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫМ** зат. сөйл. ***Әжім.***

**Ажым басты.** *Бет терісіне көп сызат түсті, қартайды.* **Ажым түсті.** *Қартайды, бетінің терісі солып, қыртыс түсті.*

**АЖЫМДА=** ет. сөйл. ***Әжімде.***

**АЖЫМДАЙ** сын. сөйл. ***Әжімдей.***

**АЖЫМДАЛ=** ет. сөйл. ***Әжімдел.***

**АЖЫМДАН=** ет. сөйл. ***Әжімден.***

**АЖЫМДАНУ** сөйл. *Ажымдан етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫМДЫ** сын. сөйл. ***Әжімді.***

**АЖЫМСЫЗ** сын. сөйл. ***Әжімсіз.***

**АЖЫН** зат. көне. этн. *Абысын-ажын қос сөзінің екінші сыңары, ағайынды адамдардың жасы үлкенінің әйелі – «абысынға» жасы кішісінің әйелі – «ажын» болады.*

**АЖЫНА**[1] [ар. اجنة] зат. миф. *Тіршілік иелеріне, жанды мақұлықтарға қаскүнем, көрінбейтін күш иелері.*

**АЖЫНА**[2] зат. жерг. ***Қазына.***

**АЖЫНАС** зат. көне. *Тауар.*

**АЖЫРА=** ет. **1.** *Бөліну, бөлініп шығу, бөлектену.* **2.** *Айырылу, айырылып қалу.* **3.** *Арылу, бір нәрседен алыстау, қол үзу, айырылу.*

**АЖЫРАҒЫСЫЗ** сын. *Бөлуге болмайтын, біртұтас.*

**АЖЫРАЙ=** ет. *Ашулы, ызғарлы көзбен бақырайып қарау, адыраю.*

**АЖЫРАЙТ=** ет. **1.** *Көзін бақырайту, адырайту.* **2.** *Қоқырайту, алшысынан кию, едірейту, қоқиту.*

**АЖЫРАЙТУ** *Ажырайт етістігінің қимыл атауы; көзін бақырайту, адырайту.*

**АЖЫРАЙЫС=** ет. *Бір-біріне ашуланудан не таңданудан бақырайысу, адырайысу.*

**АЖЫРАЙЫСУ** *Ажырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫРАМА** зат. геол. *Жер қыртысының тектоникалық бұзылуларының бір түрі.*

**АЖЫРАМАС** сын. *Айырылмас, қол үзбес, қимас.*

**АЖЫРАМДЫЛЫҚ** зат. *Айырымдылық.*

**АЖЫРАҢ** елік. *Кенеттен бақшаң ете қалған көзді бейнелейтін сөз.*

**Ажыраң етті**. *Бақшаң етті, бақшию.*

**АЖЫРАҢ-АЖЫРАҢ** елік. *Көзді қайта-қайта бақшаңдауын бейнелейтін сөз.*

**АЖЫРАҢДА=** ет. *Еліру, есіру, ақилану.*

**АЖЫРАҢДАУ** *Ажыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫРАС=** ет. **1**. *Айырылысу, бөлінісу.* **2**. *Арақатынасты үзісу.* **3**. *Ерлі-зайыпты адамдардың неке бұзып айырылысуы.*

**АЖЫРАСҚЫШ** сын. *Көп ажырасатын, айырылыса беретін.*

**АЖЫРАСТЫР=** ет. *Алшақтандыру, бөліндіру, қол үздіру.*

**АЖЫРАСТЫРУ** *Ажырастыр етістігінің қимыл атауы; неке бұздыру, айырылыстыру.*

**АЖЫРАСУ** *Ажырас етістігінің қимыл атауы; айырылысу, арақатынасты үзісу.*

**АЖЫРАТ=** ет. **1.** *Екі заттың арасын бөлу, жігін айыру.* **2**. *Бөліп алу, жіктеу, айыру.* **3**. *Төлді енесінен айыру, бөліп жіберу.* **4**. *Екі адамның не ел мен елдің арасын айыру, бөлу.* **5**. *Бөліп, айырып алу.* **6**. *Анықтау, айқындау, талдау.* **7**. *Құтқару, босатып жіберу.* **8**. *Анық, айқын, дәл білу, түсіну.* **9**. *Анықтап ашып алу, тәптіштеу, тиянақтау.* **10**. *Төбелескен адамдарды айырып жіберу, арашалау.*

**Ажыратып алды**. *Құтқарды, босатты.*

**АЖЫРАТҚЫ** зат. энерг. *Аз тоқты электр тізбектерін үзуге және қосуға арналған жоғары кернеулі коммутациялық аппарат.*

**АЖЫРАТҚЫСЫЗ** сын. *Кісі ажырата алмайтын, адам танығысыз.*

**АЖЫРАТҚЫШ**[1] зат. тех. *Электрді желіге қосып, айыруға арналған, сөндіретін, жандыратын тетік.*

**АЖЫРАТҚЫШ**[2] сын. *Айырғыш, бөлгіш, ажырата алатын қасиеті бар (зат, құбылыс, адам).*

**АЖЫРАТҚЫШ**[3] зат. қолөнер. *Араның жүзін шығарып қайраған кезде тістерінің арасын ашуға, ажыратуға арналған аспап.*

**АЖЫРАТУ** *Ажырат етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Анықтау, айырып алу.* **2**. *Анықтау, айқындау, нақтылау.*

**АЖЫРАТЫЛ=** ет. **1.** *Аулақтатылу, бөлектетілу, оқшаулатылу.* **2**. *Бөліп алыну, аршылып алыну.*

**АЖЫРАУ** *Ажыра етістігінің қимыл атауы; айырылу, айырылып қалу.*

**АЖЫРАЮ** *Ажырай етістігінің қимыл атауы.*

**АЖЫРҒЫ** зат. этн. **1**. *Жауыр жылқының басын артына қарай иліктірмес үшін мойнына байлайтын ағаш.* **2**. көне. *Масқаралау үшін жазалы адам мойнына салатын ағаш бұғау; ортасындағы ойығынан адамның қыл мойнына кигізіліп екі жағынан бекітілетін, иықтың үстінде тұратын ағаш тақта.*

**АЖЫРЫҚ** зат. өс. <лат. aeluropus> *Тамыры тереңге кетіп өсетін көпжылдық шөптің бір түрі.*

**Ажырық қысқан тарыдай.** *Сидам, дәні жоқ тары сияқты.*

**АЖЫРЫҚТЫ** сын. *Ажырығы көп.*

**АЗ**[1] зат. көне. *Ертеректегі қазақша жыл басы.*

**АЗ**[2] сын. **1**. *Азғантай, көп емес, шағын.* **2**. *Қысқа, болмашы.*

**Аз-ақ қалды**. *Аз уақыт, шамалы, болмашы мерзім қалды.* **Аз ата**. этн. *Бір рудың ішіндегі кішкене, шағын аталық, өспеген ру, тайпа, халық.* **Азға – қанағат, жоққа – сабыр ет.** *Барыңа шүкір ет, жоғыңа налып, қиналма.* **Аз ғана**. ***Азғана*** (*көп емес, шамалы*). **Аз да болса.** *Сәл ғана, азғантай.* **Аз да болса көптей көрді.** *Берген сый-көмекті азырқанбай, қанағат етті; қош көріп алды.* **Аздан соң [кейін]**. *Көп ұзамай, кешікпей, біраз уақыттан соң.* **Азды көпке, ашты тоққа теңгерді.** *Тұрмыс жағдайын көтерді, жетілдірді, адам етті.* **Аз емес**. *Талай, сан рет.* **Аз күнгі қызық.** *Болмашы қуаныш, бақыт, дәурен.* **Аз күндік.** а) *Болмашы нәрсе.* ә) *Қашық емес, жақын.* **Аз тола**. жерг. *Біраз, едәуір.* **Аз шама**. мат. *Шексіз үлкен шамаға кері шама.* **Азы мен тозы**. *Ең сорлысы, ең нашары, ең бейшарасы.*

**АЗ=** ет. **1**. *Арықтап жүдеу, азып-тозу, ару.* **2**. ауыс. *Азғындау, бүліну, жақсы қасиеттен айырылу, дұрыс жолдан таю.* **3**. жерг. *Ушығу, асқыну.*

**АЗА** [ар. عزاء] зат. этн. **1**. *Кісі өліміне байланысты қайғы-қасірет.* **2**. *Кісісі өлген үйге жақын туыстары мен жегжаттарының малдай не заттай алып баратын жәрдемі.* **3**. *Өлген адамға қайғыруды білдіретін о дүниеге жөнелтуге байланысты жасалатын қарекеттер, оның рухы мен құрметіне жасалатын түрлі рәсімдер жүйесі.*

**Аза берді [азаға салды]**. этн. *Ескі дәстүр бойынша өлген кісіге көңіл айтып, оған арнайы аталған мал, дүние апарды.* **Аза бермейді**. *Ешкімге жәбір көрсетпеді, қиянат жасамады.* **Аза бойы қаза [тік] болды [тұрды].** *Зәресі қалмай қорықты, қатты шошынды.* **Аза бойы қаза болды [тұрды, тік тұрды].** *Жаны түршікті, шошынды; жек көрді.* **Аза бойы тік тұрды.** *Азар да безер болды, жаны түршікті.* **Аза [азалы] болды**. *Қайғырып, қасірет шекті, аза тұтты.* **Аза күн.** *Қайғылы, қаралы күн, мезгіл.* **Аза [азасын] күтті [қылды]**. *Өлген кісіні жоқтады, басына барды.* **Аза тартты**. а) *Мехнатын көрді, азабын шекті.* ә) *Қайғыға ұшырады, өлім қайғысына күйінді.* **Аза тұтты**. *Марқұмды өлген соң барлық әдет-салтқа лайық қадірледі; қатты қайғырды, қапаланды.*

**АЗАБАН** зат. діни. *Қасиетті шипа су.*

**АЗАБАУ** зат. *Әдетте еуропалық елдердің дәстүрі бойынша аза тұтушылар кеудесіне немесе қаза тапқандарға арналған белгітасқа, олардың суреттеріне, т.б. тағатын аза тұту нышанын білдіретін матадан жасалған қара түсті немесе қара түс аралас таспа.*

**АЗАБАЧ** зат. балықшар. *Камчатқада кездесетін кәсіптік маңызы бар, еті дәмді, майлы балық.*

**АЗАДА** үст. көне. *Оңаша; емін-еркін*

**АЗ-АЗ** сын. *Азғантай, кішкентай, сәл-пәл.*

**АЗ-АЗДАН** үст. *Азғантайдан, шақтап, шамалап.*

**АЗ-АЗДАП** үст. *Біртіндеп, аздап, ақырындап, шамалап.*

**АЗАГЕР** зат. *Азаға туған-туыс, жора-жолдастардан түскен ақшаны жинаушы адам.*

**АЗАГҮЛ** зат. **1.** *Кейбір христиан елдерінің дәстүрі бойынша қайтыс болғандардың моласына, белгітасқа қоюға арналған, дөңгелете не доға сияқты затқа айнала байланған түрлі-түсті гүлдер шоғы, дестесі.* **2.** поэт. *Мұң-шер, қайғы-қасірет.*

**АЗАДА** сын. ескікіт. *Таза, мұқият, ұқыпты.*

**АЗАЙ=** ет. *Саны кему, шағындала түсу.*

**АЗАЙҒЫШ** зат. мат. *Азайтылатын сан.*

**АЗАЙТ=** ет. *Бір нәрсенің нақты, тура санын, мөлшерін кеміту, төмендету, бәсеңдету.*

**АЗАЙТҚЫЗ=** ет. *Бір нәрсенің санын, мөлшерін не салмағын кеміткізу, төмендеткізу.*

**АЗАЙТҚЫЗУ** *Азайтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЙТҚЫШ** зат. мат. *Азайтатын, алынатын сан.*

**АЗАЙТТЫР=** ет. *Санын кеміттіру, азайтқызу.*

**АЗАЙТТЫРУ** *Азайттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЙТУ**[1] зат. мат. *Төрт амалдың бір түрі, алу.*

**АЗАЙТУ**[2] *Азайт етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЙТУШЫ** зат. *Белгілі бір нәрсенің санын, қасиетін кемітуші, аз етіп көрсетуші.*

**АЗАЙТЫЛ=** ет. *Кемітілу, төмен түсірілу.*

**АЗАЙТЫЛУ** *Азайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЛ** зат. көне. *Бұйрық, жазмыш.*

**АЗАЛА=** ет. *Аза тұту, қайғыру, қамығу.*

**АЗАЛАН=** ет. *Аза тұту, қайғылану.*

**АЗАЛАНУ** *Азалан етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЛАС=** ет. *Қайғысына ортақтас болу.*

**АЗАЛАСУ** *Азалас етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЛАТ=** ет. *Аза тұттыру, қайғырту.*

**АЗАЛАТУ** *Азалат етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЛАУ** *Азала етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАЛДА** үст. сөйл. ***Әзелде.***

**АЗАЛИЯ** зат. бот. *Субтропиктік аудандардан тараған, біздің елде саябақтарда, гүлзарларда, үйде өсірілетін мәңгі жасыл бұта.*

**АЗАЛЫ** сын. **1.** *Қайғылы, қаралы, мұңлы-шерлі.* **2.** бейн. *Уілдеп соққан өкпек (жел).*

**Азалы ақ көрпе**. бейн. *Қыстың ызғарлы суығы.*

**АЗАМАТ** зат. **1**. *Кәмелетке толып, ер жеткен адам, жігіт.* **2**. құқық. *Белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адамы.* **3**. көне. *Кәмелетке келіп, еншісін алған, туыстарына тәуелсіз, үйлі-баранды адам.* **4**. көне. әск. *Қолына қару ұстап, ел қорғауға, не ел жаулауға аттанатын адам, жасақшы; жауынгер.* **5**. ауыс. *Адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам.*

**Азамат болды.** *Ержетті, есейді, санатқа қосылды.* **Азамат соғысы**. тар. *Бір мемлекет ішінде мемлекеттік билік үшін болатын таптар мен әлеуметтік топтар арасындағы қарулы көтеріліс.*

**АЗАМАТТАЙ** сын. *Азаматша, ер жігіттей.*

**АЗАМАТТЫҚ**[1] зат. **1**. *Жасы толып ержеткендік.* **2**. құқық. *Адамның нақты бір мемлекетке саяси және құқықтық қатысы.* **3**. ауыс. *Адамгершілік ар-ұят, адалдық, мықтылық.*

**АЗАМАТТЫҚ**[2] сын. **1**. *Азаматқа тән, азаматқа қатысты.* **2**. *Мемлекет азаматтарының құқықтық мәртебесіне қатысты.*

**Азаматтық авиация**. *Бейбіт мақсаттағы ұшу аппараттары және олардың ұшуын қамтамасыз ету жүйесі.* **Азаматтық ар**. *Адамның адамдығы, ел, халық алдындағы беделабыройы.* **Азаматтық борыш.** а) қоғ.-саяси. *Адамның қоғам мүшесі ретіндегі қоғамдық өмірдің әртүрлі маңызды шаралары алдындағы жауапкершілігі, қоғам алдындағы міндеті.* ә) *Ер-азамат ретіндегі адамдар алдында алған парызы.* **Азаматтық бостандық**. заң. *Әрбір адамның, қоғам азаматының өзіне тән құқықтары.* **Азаматтық бірегейлік**. қоғ.-саяси. *Азаматтық қоғам мүшелерінің өзара сәйкестігі.* **Азаматтық заңнама.** құқық. *Әртүрлі заң күші бар құқықтық-нормативтік актілердің жиынтығы.* **Азаматтық кеме.** *Күш-көліктік, кәсіптік, арнайы қызмет және техникалық мақсатқа арналған, спорттық кемелер болып бөлінетін кемелердің жалпы атауы.* **Азаматтық қауымдастық.** *Белгілі бір мемлекеттегі азаматтардың бір мүддеге біріккен, ұйымдасқан топтарының жиынтығы.* **Азаматтық қоғам**. қоғ.-саяси. *Мемлекеттік билік органдары мен жеке тұлғаның емін-еркін, бір-біріне тәуелсіз сипатта дамуына мүмкіндік беретін, азаматтық құқықтар орныққан қоғам.* **Азаматтық қорғаныс**. әск. *Бүркеме, паналар көмегімен немесе негізгі халықты эвакуациялау, қоныс аудару арқылы тұрғындарды қарсылас шабуылдардан қорғау әрекеті.* **Азаматтық құқық**. заң. құқық. <ағыл. civil law> а) *Мүліктік, коммерциялық немесе отбасы құқығы сияқты құқықтың қылмыстық құқықтан өзге саласы.* ә) *Өкімет органдарының немесе басқа да жеке адамдардың зорлық-зомбылық жасауына жол бермейтін саяси және әлеуметтік құқықтар.* **Азаматтық неке**. қоғ.-әлеум. *Ер адам мен әйел адамның ресми заңдастырылмаған некесі.* **Азаматтық парыз**. қоғ. *Адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.* **Азаматтық талап**. заң. *Азаматтық немесе заңды тұлғаның қылмыстық іс барысында мәлімдеген және қылмыстық іспен бірге қаралатын, қылмыстың салдарынан шектірілген материалдық нұқсанды өтеу жөніндегі талап шағымы.* **Азаматтық іс**. заң. *Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қаузайтын, азаматтық құқық туралы дау-дамай бойынша қаралатын іс.* **Азаматтық іс жүргізу заңнамасы.** құқық. *Азаматтық істер бойынша соттардың сот төрелігін жүргізу жөніндегі қызметін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін құқықтық-нормативтік актілер жиынтығы.*

**АЗАМАТША**[1] зат. сөйл. *Әйел адам.*

**АЗАМАТША**[2] үст. *Ер-азаматқа ұқсап, ерлерше, азаматтай.*

**АЗАМАТШЫЛЫҚ** зат. *Азаматтық, ержігіттік.*

**АЗАМЕТ** зат. діни. *Алланың ұстемдігі.*

**АЗА-МҰҢ** зат. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.*

**АЗАН**[1] [ар. آذان] зат. діни. **1**. *Мұсылмандарды тәуліктегі бес уақыт намазға ерекше мақаммен дауыстап шақыру рәсімі.* **2**. *Таңертеңгі азан шақыратын мезгіл; таңертеңгі уақыт.* **3**. ауыс. *Ұрандаған ащы дауыс.*

**Азан да қазан**. *У да шу, айғай-даңғаза.* **Азан қәмат.** діни. *Парыз намазына кірісерде айтылатын дұға.* **Азан оқыды**. *Таңғы намаз оқыды.* **Азан салды**. *Айқай салды, шатақ шығарды, жылады.* **Азан шақырып [қазанның құлағын қағып] қойған аты**. діни. *Молда Құран ашып, есім қойғанда ескі ғұрып бойынша қазанның құлағын даңғырлата соғып, бала есімін деп есім берді, ат қойды.*

**АЗАНАМА** [ар.+ир. عزاء نامه] зат. *Қайтыс болған адамның өмірі мен қызметі жайлы қаралы мақала.*

**АЗАНҒЫ** сын. *Таңертеңгі, таңғы.*

**АЗАНДА** үст. *Таңертең, ертемен.*

**АЗАНДА=** ет. *Азан айтқандай дауыстау, айқайлау.*

**АЗАНДАТ=** ет. **1**. *Азан шақыру, азан айту.* **2**. *Азан-қазан ету, айқай-ұйқай ету, улатыпшулату.*

**АЗАНДАТУ** *Азандат етістігінің қимыл атауы; азандата, дауысын көтеріп айқайлау.*

**АЗАНДАУ** *Азанда етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАНДЫҚ** зат. жерг. *Құлақтың төменгі жұмсақ еті.*

**АЗАН-ҚАЗАН** үст. *У-шу, айқай-ұйқай.*

**Азан-қазан болды**. *Даң-дұң етіп, у-шу болды, шулады.*

**АЗАНШЫ** зат. діни. *Намаз оқуға шақырушы мешіт қызметкері, азан шақырушы.*

**АЗАНШЫЛЫҚ** зат. *Азан айтушылық; азан шақыратын қызмет.*

**АЗАП** [ар. عذاب] зат. **1**. діни. *Шариғат заңдары бойынша істеген күнәсі үшін берілетін жаза.* **2**. *Ауыр бейнет, мехнат, қиыншылық.* **3**. ауыс. *Машақат, әуре.*

**Азабын артты**. *Азабын тартты, мехнатын көрді.* **Азабын тартты.** а) *Біреудің, бір нәрсенің қасіретін шекті, қайғысын көтерді.* ә) *Ауыртпалығын, қысымын көрді.* **Азап айдады.** *Қиыншылыққа ұрынды.* **Азап арқалады**. *Қиындық көрді, ауыр күндерді басынан өткізді.* **Азап берді.** *Қинады, жәбірледі, мехнат көрсетті.* **Азап болды**. *Әуреге түсті, азаптанды.* **Азапқа батырды**. *Азап тарттырды, бейнетке түсірді.* **Азапқа салды**. *Қиыншылық көрсетті, азаптады.* **Азапқа түсті**. *Азап шекті, қиындық көрді, азаптанды.* **Азап салды**. *Әуреледі, мазалады, қинады.* **Азап шекті [көрді, тартты]**. *Қиналды, қиыншылық көрді. азаптанды.*

**АЗАП-БЕЙНЕТ** [ар. عذاب محنة] зат. *Азап-мехнат, азап-қыспақ, қиындық.*

**АЗАП-ЗӘБІР** зат. *Қиыншылық, жәбір-жапа.*

**АЗАП-ЗЫҚЫ** зат. *Қажытып шаршататын тәлкек, қиыншылық.*

**АЗАП-ҚАСІРЕТ** зат. *Қайғы, қиыншылық, басқа түскен ауыртпалық.*

**АЗАП-ҚОРЛЫҚ** зат. *Қиын-қыстау, қайғы-қасірет, ішкі күйзеліс, жәбір.*

**АЗАП-ҚЫСПАҚ** зат. *Азап-бейнет, қиындық.*

**АЗАП-МАШАҚАТ** зат. *Қиындық, бейнет.*

**АЗАП-МЕХНАТ** зат. *Ауыр бейнет, қиыншылық.*

**АЗАП-МҰҢ** зат. *Қайғы-қасірет, уайым-шер.*

**АЗАПСЫЗ** сын. *Азабы жоқ, бейнетсіз, қиыншылықсыз, мехнатсыз.*

**АЗАПСЫН=** ет. *Азап көру, азап деп санау.*

**АЗАПСЫНУ** *Азапсын етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАПТА=** ет. **1**. *Ұрып-соғу, азап көрсету, қинау.* **2**. ауыс. *Жәбірлеу, намысқа тию, қорлау.* **3**. ауыс. *Жегідей жеу, іштей мазалау.*

**АЗАПТАЛ=** ет. *Азапқа салыну, қорлық, зомбылық көрсетілу.*

**АЗАПТАЛУ** *Азаптал етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАПТАН**= ет. **1**. *Азапқа түсу, қиналу.* **2**. *Әуреленү, әуреге түсу.*

**АЗАПТАНДЫР**= ет. *Азапқа түсіру, қиналту, әурелендіру.*

**АЗАПТАНДЫРУ** *Азаптандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАПТАНУ** *Азаптан етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Азапқа түсу, қиналу.* **2**. *Әуреге түсу, әурелену.*

**АЗАПТАТ**= ет. *Азапқа түсірту, қиналту.*

**АЗАПТАТУ** *Азаптат етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАПТАУ** *Азапта етістігінің қимыл атауы; жәбірлеу, қорлау.*

**АЗАПТАУШЫ** зат. *Азап көрсетуші, жәбірлеуші.*

**АЗАПТЫ** сын. *Азабы көп, қиын.*

**АЗАР**[1] [ир. آزار] зат. **1**. *Азап, қорлық, зорлық, залал.* **2**. *Реніш, өкпе, араздық.*

**Азар берді**. *Қорлық көрсетті, азаптады.* **Азар көрді**. *Азап-қиындық көрді, бейнет, қорлық көрді.*

**АЗАР**[2] үст. *Әрең, зорға, әзер дегенде.*

**Азар болса**. *Мықтағанда, көп болса, көп дегенде.* **Азар дегенде**. *Зорға, әрең, азар-азар.*

**АЗАР**[3]: **азар кешке**. *Күні бойы, кешке дейін.*

**АЗАР-АЗАР** үст. *Әрең-әрең, зорға дегенде.*

**АЗАРДА-БЕЗЕР**: **азарда-безер болды**. *Аттонын ала қашты, жоламады, безінді.*

**АЗАРЛА**= ет. *Біреуді қинау, қыспаққа алу, азаптау, қорлық, зорлық көрсетіп ренжіту, айыптау.*

**АЗАРЛАН**= [ир. آزار] ет. *Қаны бетіне тебу, ыза болу, қапалану.*

**АЗАРЛАНУ** *Азарлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАРЛАУ** *Азарла етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАР-МАЗАР** үст. *Әйтіп-бүйтіп, әрең-әрең.*

**АЗАРОЛЬ** зат. тамақ. *Грекия, Италия және басқа елдерде өсетін өте майда алмұрт.*

**АЗАСЫЗ** сын. *Азасы жоқ, қайғысыз.*

**АЗАТ**[1] [ир. آزاد] сын. *Өз еркі өзінде, ерікті, еркін, тәуелсіз.*

**Азат болды.**а) саяси. *Бостандық алды, еркіндікке қолы жетті, бодаудан босады.* **Азат етті [қылды, болды].** *Құтқарды, босатты.* **Азат етілді.** *Босатылды, азаттық алды.*

**АЗАТ**[2]: **азат омыртқа**. а) анат. <лат.vertebra prominens> а) *Мойын омыртқаның ең соңғысы, жетіншісі.* ә) этн. *Мал сойған кісіге берілетін қолүздік.*

**АЗАТБАС** зат. этн. *Киіз үй керегесінің уық байланбай, бос қалдырған басы.*

**АЗАТЖОЛ** зат. лингв. <нем. Absatz> **1**. *Жаңа жолдан бастап жазғанда оңға қарай жасалған сәл шегініс, азатжол.* **2**. *Мәтіннің бір азатжолынан екіншісіне дейінгі бөлігі.*

**АЗАТКЕР** зат. *Басқыншылықтан, қауіп-қатер, езу-қанаудан құтқарушы, азат етуші.*

**АЗАТКЕРЕГЕ** зат. этн. *Азатбас, есіктің босағасына тақау жерде дара, жеке қалған керегенің басы.*

**АЗАТТА**= ет. *Азат ету, құтқару, босату.*

**АЗАТТАЛ**= ет. *Азат етілу, құтқарылу, босатылу.*

**АЗАТТАЛУ** *Азаттал етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАТТАН**= ет. *Босану, бостандық алу.*

**АЗАТТАНУ** *Азаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАТТАУ** *Азатта етістігінің қимыл атауы.*

**АЗАТТЫҚ** зат. *Бостандық, теңдік, еркіндік.*

**Азаттық [бостандық] күрес.** саяси. *Ұлт бостандығы, азаматтық құқық үшін күрес.*

**АЗАТШЫ** зат. *Азат етуші, құтқарушы, азаткер.*

**АЗАТШЫЛ** сын. *Бостандық, еркіндік сүйгіш, азаттықты жақтаушы.*

**АЗАТШЫЛЫҚ** зат. *Бостаншылық, еркіншілік, азат өмірді жақтаушылық.*

**АЗАЮ** *Азай етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Сан жағынан кему, аз болып қалу.* **2**. *Таусылуға айналу, көлемінің кемуі.*

**АЗБАН** зат. этн. **1**. *Бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен кестірілген еркек мал.* **2**. ауыс. *Құр кеуде.*

**Азбан теке.** *Алты-жеті жастағы текенің тарттырылып жіберілгені.*

**АЗБАНДАЙ** сын. *Азбан сияқты, азбан тәрізді.*

**АЗБАНҚҰЛ** зат. көне. *Еркектік қабілеттен айырылған, гаремде қызмет ету үшін әдейі тарттырылған еркек құлдар.*

**АЗБАНША** үст. *Азбан тәрізді, азбанға ұқсап.*

**АЗБАР**[1] зат. **1**. *Бордақы мал тұратын шарбақты қаша, қараңғылап жасаған қора.* **2**. *Төбесі жабық, жан-жағы ашық, жазғы уақытта отыратын, демалатын орын, жай.*

**АЗБАР**[2] зат. жерг. *Құрал-сайман, аспап.*

**АЗБЕНІШ** зат. *Талшық, нәпақа.*

**АЗБЫНША** үст. жерг. *Азғана, азғантай.*

**АЗБЫТ**= ет. көне. *Азғырту, айныту.*

**АЗБЫТУ** көне. *Азбыт етістігінің қимыл атауы.*

**АЗҒАҚ** сын. *Жүдеп-жадағыш, азғыш.*

**АЗҒАНА** үст. **1**. *Азғантай, кішкентай, саны аз.* **2**. *Аз уақыт, шамалы, қысқа мерзім.* **3**. *Аясы тар, аумағы шағын.*

**АЗҒАНТАЙ** үст. **1**. *Саны аз, көп емес.* **2**. *Мардымсыз, болар-болмас, сәл ғана, шамалы.* **3**. *Аумағы шағын, кішкентай, шамалы.*

**АЗҒЫН**[1] сын. **1**. *Түр-түлғасынан айырылған, азып-тозған, шаршап-қажыған.* **2**. ауыс. *Адамшылықтан айырылған, бұзылған, сатқын (адам).*

**АЗҒЫН**[2] зат. жерг. *Ерте пісетін қауын.*

**АЗҒЫНДА**= ет. **1**. *Арықтау, жүдеп-жадау.* **2**. ауыс. *Теріс жолға түсу, адамшылықтан айырылу, бұзылу, бүліну.* **3**. ауыс. *Сапасы төмендеу, базары түсу.* **4**. *Тозу, ескіру, құнары кету.*

**АЗҒЫНДАН**= ет. *Теріс жолға түсіп бұзылу, бүліну.*

**АЗҒЫНДАНУ** *Азғындан етістігінің қимыл атауы.*

**АЗҒЫНДАТ**= ет. *Теріс жолға түсіру, айныту, бүлдіру.*

**АЗҒЫНДАТУ** *Азғындат етістігінің қимыл атауы.*

**АЗҒЫНДАУ** *Азғында етістігінің қимыл атауы; адамшылықтан айырылу, бұзылу, бүліну.*

**АЗҒЫНДАУШЫЛЫҚ** зат. *Теріс жолға түсушілік, бұзылушылық, бүлінушілік.*

**АЗҒЫНДЫҚ** зат. **1**. *Теріс жолға түсіп бұзылғандық, сұрқиялық, арам ниеттілік.* **2**. *Зинақорлық, жезөкшелік, нәпсіқұмарлыққа салынушылық.* **3**. *Опасыздық, сатқындық.*

**Азғындық жолға түсті**. *Бұзылды, дұрыс жолдан тайды.*

**АЗҒЫР**= ет. **1**. *Айныту, теріс жолға салу.* **2**. *Бірдемеге ұрындыру, бірдемеге киліктіру.* **3**. *Жел беру, қолтығына су бүрку, әзәзілдік ету.* **4**. ауыс. *Еліктіру, қызықтыру.*

**АЗҒЫРҒЫШ** сын. *Айнытқыш, бұзғыш, әзәзіл.*

**АЗҒЫРУ** *Азғыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Айныту, теріс жолға салу, арандату.* **2**. *Жел беру, қолтығына су бүрку, әзәзілдік ету.*

**АЗҒЫРУШЫ** зат. *Айнытушы, бұзушы.*

**АЗҒЫРЫЛ**= ет. *Азғырғанға, айнытқанға көну, жел сөзге бой алдыру.*

**АЗҒЫРЫЛУ** *Азғырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЗҒЫРЫНДЫ** сын. *Азғырушы, айнытушы.*

**АЗҒЫШ** сын. **1**. *Аурушаң, ауыруға бейім.* **2**. ауыс. *Әзәзіл сөзге ергіш, алған жолынан тайғыш, өсек-аяңға сенгіш.*

**АЗДА**= ет. жерг. *Азаю, кему.*

**АЗДА-АЗ** үст. жерг. *Кемде-кем, тым аз.*

**АЗДАҒАН** үст. *Біраз, аздап, азғантай, болмашы.*

**АЗДАЙ** үст. *Аздық қылғандай, жетпей тұрғандай, жетпегендей, аз болғандай.*

**АЗДАП** үст. *Біраз, аздаған.*

**АЗДАУ** сын. *Азырақ, көп емес, шамалы.*

**АЗДЫ-КЕМ** үст. *Азын-аулақ, болар болмас.*

**АЗДЫ-КЕМДІ** үст. *Азын-аулақты, болар-болмас.*

**АЗДЫ-КӨП** үст. *Аз-маз, аздаған, көп емес.*

**АЗДЫ-КӨПТІ** үст. *Аз да емес, көп те емес, барлы-жоқты, аз-маз.*

**АЗДЫҚ** зат. **1**. *Азғантайлық, кемдік, жетімсіздік.* **2**. *Тапшылық, кемшіндік, шағындық.*

**Аздық етеді.** *Жетпейді, толық болмайды.*

**АЗДЫР**= ет. **1**. *Жүдету, шаршату, болдыру.* **2**. *Бүлдіру, бұздыру.* **3**. ауыс. *Теріс жолға түсіру, жолдан тайдыру.*

**АЗДЫРҒЫШ** сын. *Аздырушы, айнытушы, бүлдіруші.*

**АЗДЫРУ** *Аздыр етістігінің қимыл атауы; тура жолдан тайдыру, бүлдіру.*

**АЗДЫРУШЫ** зат. *Айнытушы, бұзушы.*

**АЗДЫРЫП-ТОЗДЫР**= ет. *Жүдетіп-жадату, қиыншылыққа ұшырату.*

**АЗДЫРЫП-ТОЗДЫРУ** *Аздырып-тоздыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЕОТРОП: азеотроп қоспасы.** хим. *Тұрақты температурада қайнаған кезде құрамдас бөліктерге бөлінбей, бастапқы қалпында буға айналатын сұйық заттардың қоспасы.*

**АЗЕРБАЙЖАН** зат. сөйл. ***Әзірбайжан***.

**АЗИЗ: азиз болу.** ескікіт. *Қиын жағдайда болу.*

**АЗИМ** сын. діни. *Алла тағаланың 99 сипат-есімінің бірі, ұлы, құдіретті, зор.*

**АЗИМАТ** зат. діни. *Айбындылық, ұлылық, маңыздылық; әсемдік.*

**АЗИМУТ** [ар. السموت; франц. asimut] зат. **1**. астр. *Бақылау нүктесінен өтетін меридиан жазықтығы мен сол нүктені қиятын бағыттың вертикаль жазықтығы арасындағы бұрыш.* **2**. геогр. *Жергілікті жерде немесе картада солтүстік бағыт пен таңдаған пункттің бағыты арасында түзілетін бұрыш.*

**АЗИЯЛЫҚ** зат. *Азия жерінде тұратын халық, адам.*

**АЗИЯЛЫҚША** үст. кіт. *Азия тұрғыны, азия ұлттарының өкілі сияқты.*

**АЗИЯТ** ор. зат. **1**. *Азияның жергілікті тұрғыны.* **2**. жағымсыз. *Азия тұрғындарын, көшпенділерді кемсіту мағынасында айтылатын сөз.*

**АЗИЯТША** үст. *Азияның жергілікті тұрғындары сияқты.*

**АЗ-КЕМ** үст. **1**. *Біраз, сәл, аз-маз.* **2**. *Сәл уақыт, бір мезет.*

**АЗ-КӨП** үст. *Біраз, шамалы.*

**АЗ-МАЗ** үст. *Азғана, біраз, аз-кем.*

**АЗ-МАЗДАҒАН** үст. *Аздаған, көп емес.*

**АЗ-МАЗДАП** ү с т. *Ақырындап, шама-шарқынша.*

**АЗ-МҰЗ** ү с т. с ө й л. **1**. ***Аз-маз***. **2**. *Аз мөлшерде, болар-болмас шамада.* **3**. *Аз уақыт, қысқа мерзім.*

**АЗ-МҰЗДАҒАН** ү с т. с ө й л. *Аздаған, аз-аздаған, ептеген, шамалы ғана.*

**АЗ-МҰЗДАП** ү с т. с ө й л. *Аздап, ептеп.*

**АЗОҚОСЫЛЫСТАР** з а т. х и м. *Құрамында екі көмірсутекті радикалмен байланысқан азотобы бар органикалық қосылыстар.*

**АЗОСПЕРМИЯ** з а т. м е д. *Аталық безде шәуеттің болмауы.*

**АЗОТ** [грек. a – бей, жоқ, zoos – тірі] з а т. х и м. *Химиялық элемент, түссіз, иіссіз, дәмсіз, суда аз еритін газ.*

**Азот айналымы**. г е о г р. *Биосферадағы азоттың үздіксіз айналу құбылысы.* **Азот бактериясы**. х и м. *Атмосферадағы азотты биологиялық жолмен топыраққа қайта сіңдіретін микроағзалардың бір тобы.* **Азот қышқылы.** х и м. *Өнеркәсіпте аммиакты ауадағы оттегімен тотықтыру арқылы алынатын түссіз сұйық зат.* **Азот тыңайтқыш**. а у ы л ш а р. *Құрамында селитра, аммоний тұзы, азот қышқылының тұзы, көң, садыра, аммиак тұзы бар органикалық және минералдық заттар.*

**АЗОТЖИНАҒЫШ** з а т. б и о л. *Ауадағы молекулалық азотты пайдаланып, азот қосылыстарын түзетін микроағзалар.*

**АЗОТҚОР** с ы н. а у ы л ш а р. *Азот тыңайтқыштары мол болғанда жақсы өсетін.*

**АЗОТОБАКТЕР** з а т. б и о л. *Азотсіңіргіш бактериялардың аэробты бос күйінде тіршілік жасайтын туыстығы.*

**АЗОТСҮЙГІШ** с ы н. б и о л. *Азотқа бай топырақты ыңғайлы көретін.*

**АЗОТСЫЗ** с ы н. *Құрамында азоты жоқ.*

**АЗОТТА=** е т. х и м. *Азотқа айналдыру.*

**АЗОТТАНДЫРУ** з а т. б и о л. *Азотсіңіргіш бактериялардың ауадағы бос күйіндегі молекулаларынан азотты сіңіріп алып оны өсімдіктердің пайдалануына оңтайлы қосылыстарға айналдыру үдерісі.*

**АЗОТТАУ** *Азотта етістігінің қимыл атауы.*

**АЗОТТЫ** с ы н. *Құрамында азоты бар.*

**АЗОТТЫҚ** с ы н. *Азотқа тән; азоттан тұратын.*

**Азоттық негіз**. х и м. *Нуклеин қышқылы құрамындағы химиялық қосылыс*

**АЗОТФИКАЦИЯ** з а т. б и о л. ***Азоттандыру.***

**АЗСҮТТІЛІК** з а т. м е д. *Сауын малдың желінінде сүттің аз болу немесе азаю үдерісі.*

**АЗСЫН**= е т. **1**. *Аз санау, азырқану, қомсынып, місе тұтпау.* **2**. а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Тақиясына тар келу, аз көру.*

**АЗСЫНҒАНДАЙ** ү с т. *Місе тұтпағандай, сол ғана жетпегендей, аз көргендей.*

**АЗСЫНУ** *Азсын етістігінің қимыл атауы; аз санау, азырқану.*

**АЗТОЛА** ү с т. ж е р г. *Едәуір, біраз, бірсыпыра.*

**АЗУ**[1] з а т. *Түпкі жуан, мықты тістер.*

**Азу жарды.** э т н. *Жылқы малы құнан немесе дөнен жасына жетіп толысқанның белгісі ретінде азу тісі өсіп шықты.* **Азу жармаған құнан.** э т н. *Әбден толысып жетілмеген құнан.* **Азу тіс**. а н а т. <лат. dentes molares> *Ауыз қуысындағы жақтың түбіне қарай орналасқан ас шайнайтын негізгі тістер.* **Азу тісі ақсиған.** б е й н. *Тісі маржандай, тісі түспеген, сау, денсаулығы мықты деген мағынада.* **Азу тісі балғадай [пышақтай].** а) *Күшті, қайратты, қуатты.* ә) *Батырып сөйлейді, қорықпайды деген мағынада.* **Азу тісін [азуын] басты**. а) *Қатты қысым көрсетті, өктемдік етті.* ә) *Кектенді, өшікті.* б) *Тізесін батырды, мұқатты.* **Азу шалды**. *Егде тартты, жасы ұлғайды.* **Азуы алты [кере] қарыс**. *Мықты, адуын, қайратты, айбатты.* **Азуы [тісі] басулы.** *Ашулы, ызалы.* **Азуы батты**. *Зорлық-зомбылық істеді, тізесі батты, кейістік көрсетті.* **Азуын айға біледі**. б е й н. *Қаһарланды, айбат көрсетті.* **Азуын қайрады**. *Кіжінді, ызаланды.* **Азуын шайнады**. *Аласұрды, жанталасты.*

**АЗУ**[2] [түрік. azug] з а т. т а м а қ. *Ұсақтап туралып, еттен дайындалған, ащы тұздықталған шығыс халықтарының тағамы.*

**АЗУ**[3] *Аз етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Арықтау, жадап-жүдеу.* **2**. а у ы с. *Азғындау, тозу, теріс жолға түсу, бұзылу.*

**АЗУАҒАШ** з а т. ж е р г. *Арбаның тісағашы, белағашты ұстап тұрған тетігі.*

**АЗУДАЙ** с ы н. *Азу тіс сияқты.*

**АЗУЛА=** е т. **1**. *Азуға салып шайнау, азуға басу.* **2**. а у ы с. *Кеміру, үгіту, тырналау.*

**АЗУЛАН=** е т. *Тіс-тіс болып арсию, тарамдану.*

**АЗУЛАНУ** *Азулан етістігінің қимыл атауы.*

**АЗУЛАС=** е т. **1**. *Тістесу, шайнасу.* **2.** а у ы с. *Бет жыртысу, ұстасу, сөзге келу.*

**АЗУЛАСУ** *Азулас етістігінің қимыл атауы; сөзге келу.*

**АЗУЛАУ** *Азула етістігінің қимыл атауы.*

**АЗУЛЫ** с ы н. **1**. *Азу тістері ірі.* **2**. а у ы с. *Мықты, күшті, қайратты.* **3**. а у ы с. *Бетіне қарсы келтірмейтін өжет, өктем.*

**АЗУЛЫЛЫҚ** з а т. *Мықтылық, күштілік.*

**АЗУРИТ** [франц. azur] з а т. м и н. *Карбонаттар тобына жататын көк түсті минерал.*

**АЗУСЫЗ** с ы н. **1**. *Азу тісі жоқ, азуы түскен.* **2**. а у ы с. *Бос, момын, әлсіз, дәрменсіз.*

**Азусыз ат, жиексіз тон.** э т н. *Дәстүрлі әдет-ғұрып құқығындағы кінәнің жеңіл түрі үшін берілетін айыптың жеңілдетілген түрі; мұндағы азусыз ат қойды, ал жиексіз тон кездеме түріндегі мата немесе бөз дегенді білдіреді.*

**АЗУСЫЗДЫҚ** з а т. *Дәрменсіздік, әлсіздік.*

**АЗУШЫЛЫҚ** з а т. *Азғындап бұзылушылық.*

**АЗШЫЛЫҚ** з а т. *Аз болушылық, көп еместік.*

**Азшылық үлесі.** э к о н. *Бас ұйым еншілес құрылымдары арқылы тікелей немесе жанама иелік етпейтін, еншілес ұйымның пайдасы мен залалының және таза активтерінің оның капиталындағы үлесіне тиетін бір бөлігі*

**АЗЫҒУ** ж е р г. *Азық етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫЙМ** с ы н. д і н и. ***Азим*** (*Алла тағаланың көркем есімдерінің бірі – ұлылығына адам ақылының және ешбір мақлұқтың түсінігі жетпейтін, ақиқатын ешкім біле алмайтын өте ұлы, өте үстем*).

**АЗЫ-КЕМ** ү с т. с ө й л. ***Аз-кем.***

**АЗЫҚ** [ир. آذوقه] з а т. **1**. *Дәнді егістің өнімі, астық.* **2**. *Ішіп-жейтін тамақ, ас.* **3**. *Малдың қорегі, жемшөп.* **4**. а у ы с. *Рухани қажеттілік, жан дүниенің мұқтаждығы.*

**Азығын сайланып, шоқпарын байланды**. *Қамданды, қам жасады, даярланды.* **Азық дорба.** *Азық-түлік, күнделікті тамағын салып жүретін жол дорба.* **Азық қылды**. *Олжаланды, пайдаланды.* **Азық өлшемі**. *Мал азығының қоректік бағасының өлшемі.*

**АЗЫҚ**[1]**=** е т. ж е р г. *Жүдеу, арықтау, азу.*

**АЗЫҚ**[2]**=** е т. ж е р г. *Суалу, кебу, құрғап қалу.*

**АЗЫҚСЫЗ** с ы н. *Азығы жоқ, ішіп-жемсіз.*

**АЗЫҚСЫРА=** е т. *Азықтан тапшылық көру, ашырқау.*

**АЗЫҚСЫРАУ** *Азықсыра етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫҚТАН=** е т. **1**. *Тамақтану, тамақ ішу.* **2**. *Азық-түлік дайындау, жолазықпен қамтамасыз етілу.* **3**. *Қоректену, нәр алу.*

**АЗЫҚТАНДЫР=** е т. *Тамақтандыру, қоректендіру.*

**АЗЫҚТАНДЫРУ** *Азықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫҚТАНДЫРЫЛ=** е т. *Тамақтандырылу, қоректендірілу.*

**АЗЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Азықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫҚТАНУ** *Азықтан етістігінің қимыл атауы; қоректену, нәр алу.*

**АЗЫҚ-ТҮЛІК** з а т. *Ішіп-жейтін әр алуан тамақ өнімдері.*

**Азық-түлік бағдарламасы**. *Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асырушы мақсатты шаралар кешені.* **Азық-түлік дайындау.** а у ы л ш а р. *Азық-түлік өңдеу, шығару, жинау, қор жасау.* **Азық-түлік дүкені**. *Азық-түлік сатылатын әрі сақталатын дүкен.*

**АЗЫҚ-ТҮЛІКСІЗ** с ы н. *Тағамсыз, ассыз.*

**АЗЫҚТЫҚ** с ы н. *Азық боларлық.*

**АЗЫҚХАНА** [ир. اذوقخانه] з а т. *Азық сақтайтын қойма.*

**АЗЫЛДА=** е т. ж е р г. ***Азына.***

**АЗЫЛДАУ** ж е р г. *Азылда етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫНА** з а т. к ә с. *Қайықтың алдыңғы жағындағы екі бүйірін керіп тұруға және адам отыруға арналған көлденең тақтай.*

**АЗЫНА=** е т. **1**. *Желдің гуілдеп соғуы.* **2**. *Ғимараттың, үйдің т.б. тастай болып, суып кетуі.* **3**. *Мұздау, тоңу.* **4**. *Айғырдың қатты кісінеуі, арқырау.* **5**. *Қатты ағындау, жөйтку.* **6**. а у ы с. *Зарлау, зарлы үн шығару.* // э т н. *Ежелгі Тәңір дінінің басты өкілі – бақсының қобыз сарындары, ұзақ созылған жағымсыз, қалыптан тыс дыбыс.*

**Айғырдың азынауы**, **жылқының шұрқырауы, түйенің сарнап бұрқырауы**. э т н. *Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде жамандықтың белгісіне: жаугершілік, зілзала, ұрыс болады деп жамандыққы жоритин жылқының, түйенің жағымсыз дыбыс шығаруы.*

**АЗЫНАҢҚЫ** с ы н. *Суық, азынап тұрған.*

**АЗЫНАП-САРНАП** ү с т. *Зуылдап, гуілдеп, ызғырықтана.*

**АЗЫНАС=** е т. *Айқайласу, шуылдасу.*

**АЗЫНАСУ** *Азынас етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫНАТ=** е т. **1**. *Үйді қатты суыту, тастай ету.* **2**. *Арғымақты, мініс атты кісінету, арқырату.* **3**. *Бүрсеңдету, дірдектету, тоңдыру.*

**АЗЫНАТУ** *Азынат етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫНАУ**[1] с ы н. *Салқын, суық, үілдек.*

**АЗЫНАУ**[2] *Азына етістігінің қимыл атауы; кіжіну, кідіңдеу, қылжақтау.*

**АЗЫН-АУЛАҚ** ү с т. *Аздаған, біраз.*

**АЗЫНАУЫҚ** с ы н. **1**. *Азынап, үілдеп соғып тұратын, тынымсыз (жел).* **2**. *Азынап, кісінеп беретін (айғыр).*

**АЗЫН-АУЫҚ** ү с т. ж е р г. ***Азын-аулақ.***

**АЗЫН-ШОҒЫН** ү с т. *Азын-аулақ, азды-көпті, шамалы.*

**АЗЫҢҚЫРА=** е т. **1**. *Жүдеңкіреу, арыпашыңқырау.* **2**. *Күтімсіздікке ұшырау, ескіру, тозыңқырау.*

**АЗЫҢҚЫРАУ** *Азыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**АЗЫП-ТОЗ=** ет. **1.** *Аш-жалаңаштыққа ұшырау, жүдеп-жадау, арып-ашу.* **2.** *Бейберекет болу, берекесі кету, талан-таражға түсу.* **3.** *Ескіру, тозу.* **4.** *Құнарсыздану, сапасын жоғалту.*

**АЗЫП-ТОЗУ** *Азып-тоз етістігінің қимыл атауы; жүдеп-жадау, арып-ашу.*

**АЗЫРАҚ** үст. *Азғантай, біраз, азғана, шамалы.*

**АЗЫРҚАН=** ет. *Аз санау, көңілі толмау, місе тұтпай қомсыну.*

**АЗЫРҚАНУ** *Азырқан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙ[1]** зат. **1.** *Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі.* **2.** астр. <лат.luna> *Жердің табиғи серігі, түнде жарық сәуле түсіріп тұратын, жерге ғарыштағы ең жақын ғаламшар.* **3.** этн. *Халық астрономисья мен метеорологиялық тәжірибесінің ең іргелі саласын қалыптастырған қазақы ортада тіршілік цикліне байланысты атқарылған салттар, ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар аспан денелерінің бірі.*

**Ай асты.** поэт. *Айлы түн.* **Ай бетінен кіріп, күн бетінен шықты.** көне. *Ай көрінген кезден бастап күн шыққанға дейін шайқасу.* **Айға қарап шабынды.** *Аспанға шапты, шапшыды.* **Айға қолы жеткендей.** *Бейне бір кемеліне келіп, болып-толып отырғандай.* **Айға ұмтылды [талпынды].** *Қол жетпеске ұмтылды, талаптанды.* **Айға ұшты.** *Көңілі аспанға шарықтады.* **Айға шапты.** *Қол жетпеске құлаш ұрды, ұмтылды.* **Айдан анық.** *Даусыз, күмәнсіз, бесенеден белгілі, ап-айқын.* **Айдан ашық.** *Айқын, ап-анық, белгілі.* **Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар.** фольк. *Асқан сұлу, өте ажарлы, нұрлы, көрікті.* **Ай дидарлы.** *Айдай көрікті, сұлу.* **Айды аптап, күнді күптеді.** *Болып-толды, ісіп-кепті, асыра сілтеді.* **Айды аспанға шығарды.** *Даңқы жер жарды, аты шықты, таңғалдырды.* **Айды итеріп, күнді жылжытты.** поэт. *Ай артынан ай, жыл артынан жыл өткізіп, үздіксіз күтумен болды.* **Айдың аманында.** *Ел аман, жұрт тыныштa; тып-тыныш, сап-сау отырғанда.* **Айдың бір жаңасы.** этн. *Туған айдың бірінен онына дейінгі бір кезі (ал айдың жиырмасынан отызына дейін – ай қараңғысы).* **Айдың [екі] жаңасы немесе жаңа ай.** *Жаңа айдың басы, әр жаңа туған айдың екінші (үшінші, төртінші, бесінші) күні.* **Айдың күні аманда.** *Бәле-жаладан аулақ, бас аманда.* **Ай жарығы.** *Ай сәулесі.* **Ай жүз.** поэт. *Келбетті, көрікті рең, ажар.* **Ай жүзді.** *Сұлу, көрікті, ай келбетті.* **Ай календары.** астр. *Ай күнтізбесі (ай қозғалысына негізделген жылдар, айлар, күндердің саны мен тетелестігін реттеуде қолданылатын ережелер жүйесі).* **Ай кемпірқосақ.** *Ай сәулесінің әсерінен пайда болатын кемпірқосақ.* **Ай көрдім, аман көрдім.** этн. *Ежелгі наным-сенімдермен байланысты қалыптасқан жаңа туған айға тәу етіп айтатын сөздер.* **Ай қабақ.** поэт. *Сұлу жүзді, қас-қабағы келіскен.* **Ай қарады.** *Бостан-босқа жүрді, тектен-текке жүрді.* **Ай қараңғы.** *Айсыз, ай көрінбейтін.* **Ай қараңғысы.** *Әр айдың жиырмасынан соң ай жарығының азайып, көмескіленген кезі.* **Ай қарап жүр [отыр ма] ме?** сөйл. экспр. *Босқа жүр, түк көрмейді деген мағынада жақтырмау мәніндегі сөзқолданыс.* **Ай қасында шолпандай.** *Жарасты, үйлесімді.* **Ай қораланды.** *Толған ай қызыл арайланып мұнартты.* **Ай қораланса, айырыңды сайла.** *Есепшілердің ай қораланса, күн суытатынының белгісі деп ауа райын жоруымен байланысты айтылатын ескертпе сөзі.* **Ай құшақ.** *Айқасқан құшақ.* **Ай маңдай.** *Маңдайы кере қарыс, әрлі.* **Ай маңдайлы.** *Ажарлы, көрікті, сұлу.* **Ай мен күндей, әмбеге [әлемге] бірдей [жарығы бірдей].** фольк. *Асқан сұлу, көрікті, ешкімнің таласы жоқ, ешкімге жаттығы жоқ, бәріне бірдей.* **Ай мүдіреді.** *Ай саябыр тартып, кідіреді, толастайды.* **Ай мүйізді.** *Қошқар мүйізді, мүйізі жарты ай сияқты иілген, күшті, мықты.* **Ай мүйізді, аша тұяқты.** *Төрт түлік малдың ішіндегі жылқыдан басқасы айтылады (жылқыны айтұяқ деп атайды).* **Ай отырып туды [қалды].** *Айдың түнге қарай шығуы.* **Ай сәулесі.** *Айдың жарығы.* **Ай сәулесіндей.** бейн. *Қылаңданған, бозғылт тартқан, солғын жарық сияқты.* **Ай сүттей жарық.** а) *Ай өте жарық.* ә) *Бұлтсыз, толған айлы түн туралы айтылады.* **Айсыз қара түн.** *Ай тумаған, ай сәулесі жоқ қараңғы түн.* **Ай туды.** *Өліарадан кейінгі жаңа айдың алғаш көрінген кезі.* **Ай тұтылды.** *Айдың бетін қара көлеңке басты, қарайды.* **Ай ұлысынан тұтылды.** этн. *Жаңа туған ай тұтылды деген мағынада.* **Айы батқан [жеткен] айында, күні біткен [жеткен] күнінде.** *Ажалы жеткенде.* **Айы оңынан туды.** *Дегеніне жетті, жолы болды, бағы жанды, мақсаты орындалды.*

**АЙ[2]** зат. *Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, отыз-отыз бір күндік мерзім.*

**Ай арасы толас болды.** *Айдың өларасының (өліара) жауын-шашынсыз болуы.* **Ай артынан ай өтті.** фольк. *Мезгіл өтіп жатты, уақыт озды.* **Ай аунатып, жыл жылжытты.** *Айдан ай, жылдан жыл жылжып өте берді.* **Ай жарым болды.** *Жарты ай уақыт өтті.* **Ай жарым шамасында.** *Жарты айда, он бес күнде.* **Ай жүр, жыл жүр, аман жүр.** тілек. *Сапардан аман-есен орал деген мағынада.* **Ай құрғатпай.** *Ай сайын, айма-ай.* **Ай сайын.** *Әрбір айда, ай өткен сайын.* **Айы [күні] жетті [толды].** *Екіқабат әйелдің босанатын уақыты болды.*

**АЙ[3]** зат. діни. *Ислам дінінің ай орағына ұқсас символы [мұсылмандардың Меккеден Мединеге жасырын қоныс аударған түніндегі ескі айдың көрінісі].*

**Ай таңбалы.** діни. *Мұсылман діниндегі деген мағынада.*

**АЙ[4]** од. *Реніш, кейісті білдіру үшін айтылатын одағай. // Қаратпа сөз мәнінде біреудің көңілін аудару үшін айтылатын одағай.*

**Ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ.** *Қақпайлап, бақылап отыратын, тек, тәйт дейтін пенде жоқ, өз бетімен еркінсіп кеткен адам.* **Ай, әлеумет.** *Көп қауымға, халайыққа айтылатын қаратпа сөз.* **Ай, кәпір атанды.** сөйл. *Жеккөрінішті, жексұрын, сүйкімсіз болды.*

**АЙ[5]** шыл. **1.** *Күшейту мәнін білдіру үшін айтылатын демеулік шылау.* **2.** *Таңырқау, таңдану, қуаныш сияқты әртүрлі сезім күйін білдіретін демеулік шылау.*

**АЙ-АЙ: ай-айдың оты басқа.** *Әр кезеңнің өзіне тән сипаты болады деген мағынада қолданылады.*

**АЙБА=** ет. көне. *Айбат көрсету, ғайбаттау.*

**АЙБАҒАР** зат. жерг. ***Күнбағыс.***

**АЙБАҚ-САЙБАҚ** сын. **1.** *Ербиген-сербиген, ойқы-шойқы, қиқы-жиқы.* **2.** *Кір-қожалақ, салтақ-салтақ.*

**АЙБАҚТАТ=** ет. *Қиқы-жиқы етіп жазу.*

**АЙБАҚТАТУ** *Айбақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАЛАМ** зат. сөйл. ***Байбалам.***

**Айбалам салды. *Байбалам салды.***

**АЙБАЛДАҚ** зат. этн. *Қылыштың сабындағы, мылтықтың шүріппесіндегі ай тәрізді келген тұсы, жері.*

**АЙБАЛДЫРҒАН** зат. өс. <лат. archangelic abrevicaulis> *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын, құрай тәрізді аласа сабақты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙБАЛТА** зат. көне. *Ұзын сапты, өткір жүзді, жарты ай бейнесіндегі соғыс қаруы.*

**Айбалтаның сабындай.** *Жұп-жұмыр.*

**АЙБАЛТАДАЙ** сын. *Жіті, өткір.*

**АЙБАЛТАЛЫ** сын. көне. *Айбалтамен қаруланған (сарбаз), айбалтасы бар.*

**АЙБАЛТАШЫ** зат. көне. *Айбалтамен соғысу әдісін жетік меңгерген жауынгер.*

**АЙБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. mola mola> *Біріккен жақсүйектілер отрядына жататын ірі балық.*

**АЙБАН[1]** зат. жерг. *Үйдің кіреберіс бөлмесі, дәліз.*

**АЙБАН[2]** зат. жерг. *Жасы үлкен, сыйлы кісі.*

**АЙБАНА** зат. жерг. *Айып, кінә.*

**АЙБАНА** зат. этн. сөйл. ***Айыпана.***

**АЙБАР[1]** зат. *Айбат, айбын, қаһар.*

**Айбар көрсетті [жасады, қылды, шашты, шекті].** *Айбат шекті, айбаттанды, қаһар көрсетті.* **Айбар көрінді.** *Ерекше көзге түсті.* **Айбар мүйізді.** *Ерекше қасиетті, күшті, мықты.* **Айбарын танытты.** *Қорқытты.*

**АЙБАР[2]** зат. ескікіт. *Барыс.*

**АЙБАРАҚ** зат. *Қоқан-лоқы, бопса.*

**Айбарақ қылды.** *Айбат шекті, қарсылық көрсетті.* **Айбарақ салды.** *Айқай-сүрен салды, ұрандатты.*

**АЙБАРАҚТА=** ет. *Әйгілеу, елге көз қылу, паш ету.*

**АЙБАРАҚТАУ** *Айбарақта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАР-ҚОҚАЙ** зат. *Қоқан-лоқы, айбарақ.*

**АЙБАРЛАН=** ет. **1.** *Айбат көрсету, күш көрсету.* **2.** *Ашу қысу, ызалану.*

**АЙБАРЛАНДЫР=** ет. *Айбат шектіру, қаһарына мінгізу.*

**АЙБАРЛАНДЫРУ** *Айбарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАРЛАНУ** *Айбарлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАРЛЫ** сын. **1.** *Қаһарлы, сұсты, айбынды.* **2.** *Өткір, ызбарлы.*

**АЙБАРЛЫҚ** зат. *Айбындылық, сұстылық.*

**АЙБАРЛЫЛЫҚ** зат. *Айбаттылық, айбындылық.*

**АЙБАРСЫЗ** сын. *Айбынсыз, сескендіре алмайтын, сұсты емес.*

**АЙБАС** зат. *Ет шабатын жарты ай бейнелі темір түйгіш, ұрғы; ет шабуға арналған жүзі бар екінші жағы бұдыр етіп жасалған қасапшылық құралы.*

**АЙБАСПА** зат. ***Айкезбе.***

**АЙБАТ[1]** [ар. البتّه] зат. *Айбын, айбар.*

**Айбат көрсетті [қылды, жасады].** *Қорқытты, күш көрсетті.* **Айбат шашты.** *Ызбарланып қорқытты, қаһар төкті.* **Айбат шекті.** *Сұстанып айбын көрсетті.* **Айбаты артсын!** бата. *Айбары күшейіп, ержүрек батыл болсын деген мағынадағы сөз.*

**АЙБАТ[2]** сын. жерг. ***Әйбат.***

**АЙБАТМИЯ** зат. өс. <лат. sphaerophysa> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**АЙБАТТА=** ет. сөйл. ***Ғайбатта.***

**АЙБАТТАН=** ет. *Айбат көрсету, айбарлану, қайраттану, жігерлену.*

**АЙБАТТАНДЫР=** ет. **1.** *Сұстандыру, қорқынышты ету, айбарландыру.* **2.** *Рухтандыру, қайраттандыру, жігерлендіру.*

**АЙБАТТАНДЫРУ** *Айбаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАТТАНУ** *Айбаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАТТАУ** *Айбатта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБАТТЫ** сын. *Қаһарлы, сұсты, айбынды, күшті, айбарлы.*

**АЙБАТТЫҚ** зат. *Айбатқа тәндік.*

**АЙБАТТЫЛЫҚ** зат. *Сұстылық, қаһарлылық, айбындылық.*

**АЙБҮРКЕНШЕК** зат. этн. *Түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғы.*

**АЙБЫЛ**= ет. жерг. *Қаймығу, сескену.*

**АЙБЫН** зат. *Айбат, айбар, ызбар.*

**Айбынын сыртына шығарды.** *Ашу-ызасын білдірді, ызбарланды.*

**АЙБЫН**= ет. *Жасқану, имену, қаймығу, қорқу.*

**АЙБЫНДАН**= ет. *Айбарлану, қатулану, қайраттану.*

**АЙБЫНДАНДЫР**= ет. *Айбарландыру, қатуландыру, қайраттандыру.*

**АЙБЫНДАНДЫРУ** *Айбындандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБЫНДАНУ** *Айбындан етістігінің қимыл атауы*

**АЙБЫНДАС**= ет. *Бірігіп күш жинасу.*

**АЙБЫНДАСУ** *Айбындас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБЫНДЫ** сын. *Айбатты, айбарлы, ызбарлы.*

**АЙБЫНДЫЛЫҚ** зат. *Айбаттылық, айбарлылық.*

**АЙБЫНДЫР**= ет. *Қаймықтыру, сескендіру, қорқыту.*

**АЙБЫНДЫРУ** *Айбындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБЫНСЫЗ** сын. *Қаһарсыз, сұссыз, қайратсыз.*

**АЙБЫНТ**= ет. *Жасқандыру, имендіру, қаймықтыру.*

**АЙБЫНТУ** *Айбынт етістігінің қимыл атауы.*

**АЙБЫНУ** *Айбын етістігінің қимыл атауы.*

**АЙВА** зат. өс. <лат. cydonia> *Оңтүстікте өсетін алша тұқымдас, тәтті жеміс.*

**АЙГӨЛЕК**[1] зат. ойын. *Балалардың қол ұстасқан қарсы топты жүгірген бойы жарып өтіп ойнайтын ойыны.*

**АЙГӨЛЕК**[2] зат. этн. *Жеке немесе көп қыздар қол ұстасып толған ай келбеті тәрізді дөңгелене билейтін қазақтың кең таралған халық биі.*

**АЙГӨЛЕКТЕН**= ет. *Шиыршықталу, дөңгелектену.*

**АЙГӨЛЕКТЕНУ** *Айгөлектен етістігінің қимыл атауы.*

**АЙГҮЛ** зат. өс. сөйл. *Таулы жерде өсетін жабайы гүл түрі.*

**АЙҒАБАҚ** зат. жерг. *Тудың басына ілетін ай бейнесі.*

**АЙҒАЙ** зат. *Дауыстың көтеріңкі шығуы, айқай.*

**Айғай салды.** *Бар даусымен айғайлады, шу шығарды.* **Айғай шықты.** *Айғай естілді, айғайлады.*

**АЙҒАЙ-АТТАН** зат. *Айқайлаған, аттандаған дыбыс, дауыс.*

**АЙҒАЙЛА**= ет. *Қатты дауыс шығару, айқай салу.*

**АЙҒАЙЛАҒЫШ** сын. *Қатты дауыстап сөйлеуге құмар, үнемі, ауық-ауық айғайлап тұратын.*

**АЙҒАЙЛАП-ҰЙҒАЙЛАП** үст. *Улап-шулап, дабырлап, қатты-қатты сөйлеп.*

**АЙҒАЙЛАС**= ет. *Айғай салысу, ұрысу, аттандасу.*

**АЙҒАЙЛАСУ** *Айғайлас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАЙЛАТ**= ет. 1. *Айғай салдыру, қатты дауыс шығарту.* 2. *Ойбайлату, жылату.*

**АЙҒАЙЛАТУ** *Айғайлат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАЙЛАУ** *Айғайла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАЙЛАУШЫ** зат. *Дауыстап сөйлеуші; көтермелеуші, қостаушы.*

**АЙҒАЙЛЫ** сын. 1. *Айқай-ұйқайлы, шулы.* 2. ауыс. *Ұрыс-керісті, дау-жанжалды.*

**АЙҒАЙ-СҮРГІН** зат. *Айқай-ұйқай, у-шу, ұрыс-керіс.*

**АЙҒАЙ-СҮРЕН** зат. *Айқайлаған, аттандаған дауыс, у-шу.*

**АЙҒАЙСЫЗ** сын. *Ың-шыңсыз, у-шуы жоқ, айқай-ұйқайсыз.*

**АЙҒАЙ-ҰЙҒАЙ** зат. сөйл. *У-шу, айқайласқан қатты дауыс.*

**АЙҒАЙ-ШУ** зат. *Айқай-ұйқай, у-ду, даңдұң, шаң-шұң*

**АЙҒАЙ-ШУЛЫ** сын. *Айқай-ұйқайы, ыңшыңы көп.*

**АЙҒАЙ-ШУСЫЗ** сын. *Ың-жыңсыз, у-шусыз.*

**АЙҒАЙШЫ** зат. 1. *Айғайлаған, айғайшыл адам.* 2. ауыс. *Қамқоршы, бас-көз болушы, қолпаштап-қорғаушысы.*

**АЙҒАҚ** зат. 1. *Дәлел, куә.* 2. заң. *Тінту, тергеу кездерінде куәгер болуға арнайы шақырылатын адам.* 3. *Қылмыстың жасалғанын дәлелдейтін дерек заттар.* 3. этн. *Дәстүрлі әдет-ғұрып құқығында айыпталушының «ақтығын» немесе «қаралығын» дәлелдейтін фактілер мен заттар немесе куәгер.*

**Айғақ болды.** *Бір нәрсенің дәлелі, белгісі, уәжі, куәсі болды.* **Айғақ етті.** а) *Танымал қылды, жайды.* ә) *Тілге тиек етті, дәлел қылды.* **Айғақ салды.** *Дәлел айтты, куә тартты, мойындатты.*

**АЙҒАҚКЕР** зат. *Айғақ болушы, куәгер.*

**АЙҒАҚСЫЗ** сын. *Айғағы жоқ, дәлелсіз.*

**АЙҒАҚТА**= ет. *Анықтау, дәлелдеу.*

**АЙҒАҚТАЙ** сын. *Айғақ сияқты, дәлел тәрізді.*

**АЙҒАҚТАЛ**= ет. 1. *Анықталу, дәлелдену, айқындалу.* 2. *Ақталу, жазықсыз болып шығу.*

**АЙҒАҚТАЛУ** *Айғақтал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАҚТАМА** зат. заң. *Бұлтартпайтын дәлелдеме, анықтама, айқындама.*

**АЙҒАҚТАТ**= ет. *Дәлелдету, анықтату.*

**АЙҒАҚТАТУ** *Айғақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАҚТАУ** *Айғақта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒАҚТАУШЫ** зат. *Анықтаушы, айқындаушы.*

**АЙҒАҚТЫ** сын. 1. *Ақиқатты, дәлелді.* 2. заң. *Айғақ болар, өзін ұстап берер (жайт), куә болар (адам).*

**АЙҒҰЛАҚ** зат. инф. *Электрондық пошта мекенжайларының атында жеке есімдерден кейін, жалпы поштаның атынының алдынан қойылатын таңба.*

**АЙҒЫЗ** зат. *Денеге, затқа түскен терең сызықша із, жағал.*

**АЙҒЫЗ-АЙҒЫЗ** сын. 1. *Кір-кір, жағал-жағал, сатпақ-сатпақ.* 2. *Тілім-тілім, шимай-шимай.*

**АЙҒЫЗДА**= ет. 1. *Айғыз-айғыз, кір-кір ету, сатпақтау, ластау.* 2. *Айқұш-ұйқыш ету, ерсілі-қарсылы із түсіру.* 3. *Тілім-тілім ету.* 4. *Шимайлау, сызғыштау.*

**АЙҒЫЗДАЛ**= ет. 1. *Кірлеу, айғыз-айғыз болу.* 2. *Айқыш-ұйқыш болу; қым-қиғаш, ерсілі-қарсылы із түсу.* 3. *Шимайлану, сызылу.* 4. *Әжім түсу, әжім-әжім болу.*

**АЙҒЫЗДАЛУ** *Айғыздал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒЫЗДАН**= ет. 1. *Кірлеу, ластану.* 2. *Айғыз-айғыз болып тілгілену, айқұш-ұйқыш сызықтану.*

**АЙҒЫЗДАНУ** *Айғыздан етістігінің қимыл атауы; айқыш-ұйқыш сызықтану.*

**АЙҒЫР** зат. *Үйірге түсетін еркек жылқы.*

**Айғырдан шыққан бие.** *Шағылысқан, тоқтаған бие.* **Айғырдан шықты.** *Бие тоқтап, буаз болды.* **Айғырды төркіндету.** малшар. *Өзінің шыққан үйіріне апарып, ондағы мазасыз сәуріктерді алып кетіп, мауқын бастыру, көңіл-күйін көтеру.* **Айғыр салды.** *Биені қолдан қашырды.* **Айғыр үйірге түсті [салды].** *Үйірлі биеге айғыр салды, айғыр үйірге қосылды.* **Айғыр үйір жылқы.** *Айғырға қосатын бір үйір бие, құлындаған соң сол топтағы құлын-тайларды жинақтап атау, санау.* **Айғыр шапты.** *Айғыр биеге артылды, жанасты (бура шөкті, қайыды, бұқа, қошқар, теке қашырды дейді).*

**АЙҒЫРДАЙ** сын. 1. *Айғыр сияқты.* 2. ауыс. *Үлкен, жуан, дәу.*

**АЙҒЫРЖУА** зат. өс. <лат. allium galanthum> *Сүттіген түстес жуаның жуан түрі.*

**АЙҒЫРҚИЯҚ** зат. өс. <лат. elymus giganteus> *Қияқ туысына жататын көпжылдық, тамыр сабақты шөптесін өсімдік.*

**АЙҒЫРЛЫҚ** зат. 1. *Айғыр болуға жарайтын, айғыр болушылық, айғырға тән мінез, әрекет.* 2. ауыс. *Әлдеқандай болып қоқаңдаушылық, мықтысынушылық.*

**АЙҒЫРСУ** *Айғырсы етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҒЫРСЫ**= ет. 1. *Айғыр болғансу, айғыр сияқтану.* 2. ауыс. *Мықтысыну, күштісіну, қоқақтау.*

**АЙҒЫРСЫМАҚ** сын. экспр. *Айғырдың нақ өзіндей емес, соған ұқсас.*

**АЙҒЫРША** үст. *Айғыр сияқтанып, айғырға ұқсап.*

**АЙҒЫШТА**= ет. *Айқышта, айқұш-ұйқыш байлау, өріп тастау.*

**АЙҒЫШТАУ** *Айғышта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДА**[1]= ет. 1. *Малды алдына салып жүргізу.* 2. *Техниканы басқарып жүргізу.* 3. *Бас бостандығынан айыру, жазалау, жер аудару.* 4. *Ыдырату, тарату, қуу.*

**Айдап әкетті.** *Барымталады, ұрлады, тартып алды.* **Айдап өргізіп, иіріп жусатты.** *Жұртты аузына қаратты, билеп-төстеді.* **Айдап салды.** *Біреуді біреуге шағыстырды, өшіктіріп қарсы қойды.* **Айдап шықты.** *Қуып жіберді, маңына жолатпады.*

**АЙДА**[2]= ет. *Соқамен жер жыртып, егін егу.*

**АЙДА**[3] од. *Ал, кәне, жүр, құп деп біреуге жел беріп, желіктіріп, қыздыру үшін айтылатын одағай сөз.*

**АЙДАҒАР** зат. сөйл. ***Айдаһар.***

**АЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ** зат. сөйл. *Андағы-мұндағы, анау-мынау.*

**АЙДАҒЫШ**: **су айдағыш.** *Жиналған суды ағызатын, қуатын.*

**АЙДАЙ**[1] сын. 1. *Ай сияқты, сұлу, әдемі, көркем.* 2. *Жарқыраған, аппақ, таза.* 3. сөйл. *Амандық сұраған адамға «жағдайым жақсы», «аман-есен» және т.б. жауап ретінде айтылатын сөз. // Есептік сан есімдермен тіркесіп, болжалдық мағынаны білдіреді, айға жуық, ай шамалы.*

**Айдай аян [анық].** *Шүбәсіз анық, белгілі, айқын.* **Айдай таза, күндей нұрлы.** *Өте ажарлы, әдемі, ерекше сұлу.*

**АЙДАЙ**[2]: **айдай әлем.** *Бүкіл әлем, жер жүзі, дүниеде өмір сүрген барлық ел, қарап, көріп, біліп отырған дүйім жұрт.*

**АЙДАҚ**: **айдақ жазу.** *Қалай болса солай, ойдақ-сойдақ, шимай жазу.*

**АЙДАҚ-ЖАЙДАҚ** үст. *Бей-берекет, қалай болса солай, айдақ-сайдақ.*

**АЙДАҚ-САЙДАҚ** сын. *Айбақ-сайбақ, ойдақ-сойдақ.*

**АЙДАҚТАТ**= ет. **1**. *Ластату, былғату.* **2**. *Басқызу, таптату.* **3**. *Қалай болса солай, айбақ-сайбақ етіп жазу.*

**АЙДАҚТАТУ** *Айдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАЛ**= ет. **1**. *Айдауға түсу, ырыққа көну.* **2**. *Бас бостандығынан айрылып сотталып, жер аударылу.* **3**. *Жер жыртылу.*

**АЙДАЛА** зат. **1**. *Құла түз, елсіз дала.* **2.** *Оқшау, алыстау жер.*

**Айдаладағы біреу.** *Танымайтын, білмейтін бөтен адам, әлдекім.*

**АЙДАЛУ** *Айдал етістігінің қимыл атауы; сотталып жер аударылу.*

**АЙДАМ** зат. *Айдалған, айдалатын егістік жердің бір бөлігі.*

**АЙДАМА**[1] зат. *Сырғып жауған қар, борасын.*

**АЙДАМА**[2] зат. поэт. *Жазмыштың бұйрығы, тағдырдың себебі.*

**АЙДАМАЛ** сын. **1**. *Тапшы, сирек, аз кездесетін.* **2**. *Шалғай, алыс, қашық.* **3.** этн. *Елді мекеннен, қыстаудан жырағырақ, малды айдаңқырап барып суаратын (жер немесе су көзіне қатысты).*

**АЙДАМАЛА**= ет. *Малды айдаңқырап тезірек жүргізу.*

**АЙДАМАЛАУ** *Айдамала етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАПСАЛ** зат. ойын. *Бірінің есімін екіншісіне жасырын қойып ойнайтын бозбала, жастардың ойыны.*

**АЙДАР**[1] зат. **1**. этн. *Баланың төбесіне қойылатын бір шоқ ұзын шаш.* **2**. *Төмпешік, шоқы, қырдың биік жері, төбесі.* **3**. *Құстың төбесіне өсетін бір шоқ мамық не жұмсақ қызыл ет, сапар.* **4**. ауыс. *Арбаға жегілетін мал.* **5**. ауыс. *Атақ, дәреже, абырой, даңқ.* **6**. полигр. *Газет-журналдарда бір тақырып төңірегінде ұдайы беріліп тұратын жадығаттардың жалпы атауы.*

**Айдар [айдарына белгі] тақты.** *Айттырды, құда түсті, меншіктеді.* **Айдарынан жел есті [ойнады].** а) *Алаңсыз, бейқам жатты.* ә) *Уайым-қайғысыз шалқып өмір сүрді, рақаттанды.* б) *Кеудесіне нан пісті, асқақтады*

**АЙДАР: айдар көбейсін.** тілек. этн. *Түзде мал айдап бара жатқан адамға жолыққанда аман-сәлемнен кейін қоса айтылатын төрт түлік мал өсіп-өнсін, айдайтын мал көбейсін деген мағынадағы магиялық мәнді сөз, тілек [Жылқыға қатысты айдар көбейсін, қойға байланысты бағар көбейсін, желідегі биеге байланысты сауар көбейсін т.с.с. түрінде айтылады].*

**АЙДАРЛА**= ет. *Белгілеу, нақтылау.*

**АЙДАРЛАН**= ет. *Ерекшелену, айқындалып танылу, біліну.*

**АЙДАРЛАНУ** *Айдарлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАРЛЫ** сын. **1**. *Айдары бар, айдары үлкен.* **2**. ауыс. *Атышулы, белгілі, атақты.*

**Айдарлы аражегіш.** зоол. <лат. pernis ptilorhynchus> *Қаршыға тобына жататын, басында айдары бар жыртқыш құс.* **Айдарлы бозторғай.** зоол. <лат. zalerida cristata> *Бозторғай тұқымдасына жататын, басында айдары бар құс.* **Айдарлы [көк] кепеш [тақия].** этн. *Әдетте күйші, сал-серілер көп киетін төбесінде қысқалау жіпке тағылған үлтесі бар тақия түрі, кестеленген, әсем, әшекейленген баскиім.* **Айдарлы қарала үйрек.** зоол. <лат. tadorna cristata> *Үйрек тұқымдасына жататын, басында айдары бар қара ала құс.* **Айдарлы құмай.** зоол. <лат. vultur gryphus> *Сұңқар тәрізділер отрядының америка құмайлары тармағына жататын, күндіз белсенді тіршілік ететін, өлексемен қоректенетін жыртқыш құс.* **Айдарлы сарышымшық.** зоол. <лат. parus cristatus> *Торғайлар отрядына жататын, шағын денелі, басында айдары бар құс.* **Айдарлы суқұзғын.** зоол. <лат. phalacrocorax aristotelis> *Ескекаяқтылар отрядына жататын бірқазан туыстас, басында айдары бар үлкен құс.* **Айдарлысы құл, тұлымдысы түл болды.** *Еркек кіндігі мен әйелдері түгел құлдыққа салынды, зәбір көрді.* **Айдарлысын құл, тұлымдысын күң етті.** *Еркек кіндік кісі мен әйел жұртын құлдыққа салып қорлады, зәбірледі.* **Айдарлы түйеқұс.** зоол. <лат. casuarius> *Жайдақтөсті құстардың казуар тектестер отрядына жататын, басында мүйізді айдары бар ірі құс.*

**АЙДАРША**[1] зат. *Кішкене айдар.*

**АЙДАРША**[2] зат. бот. *Бидай дәнінің, бетегенің жоғары ұшындағы ақ түсті қалың үлпілдек түк.*

**АЙДАРШӨП** зат. <лат. corydalis> *Үлпілдек гүлді, ұзын сабақты, көкнәр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙДАС**= ет. *Малды айдауға көмектесу, жәрдемдесу, бірге айдау.*

**АЙДАСУ** *Айдас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАТ**= ет. **1**. *Малды бір жерден екінші жерге орын ауыстыру, өріске шығару не өрістен қайтару.* **2**. *Қолға түскен жауды, кінәлі адамды шерумен айдап әкелдіру немесе тұтқынды бір жерден екінші жерге айдатып жіберу.*

**АЙДАТТЫР**= ет. **1**. *Айдап жүргізу.* **2**. *Жіберу, жөнелту.*

**АЙДАТТЫРУ** *Айдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАТУ** *Айдат етістігінің қимыл атауы; тұтқынды бір жерден екінші жерге айдауылмен айдап әкету.*

**АЙДАТЫЛ**= ет. *Айдалып кету, қамалу.*

**АЙДАТЫЛУ** *Айдатыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДАУ**[1] зат. *Егістікке айналып, жыртылған қара жер.*

**Айдау жол.** *Үлкен қара жол.*

**АЙДАУ**[2] *Айда етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Малды алдыға салып жүргізу.* **2**. ауыс. *Бас бостандығынан айыру, жазалау, жер аудару, қамау.*

**АЙДАУШЫ** зат. **1**. *Айдап жүргізуші.* **2**. *Айдап салушы.*

**АЙДАУЫЛ** зат. <голл. konvooi> *Тұтқындағы қылмыскерді және сотталған адамдарды айдап жүруші арнайы әскери күзетші, топ немесе қол.*

**АЙДАҺАР** [ир. اژدها] зат. **1**. миф. *Байырғы наным-сенімдегі бірнеше басты, алып, ірі жыртқыш жылан.* **2**. ауыс. *Адам баласына өлім әкелетін дүлей күш; жалмауыз.*

**АЙДАҺАРДАЙ** сын. *Айдаһар тәрізді.*

**Айдаһардай арбады [ысқырды].** *Қаһарын төкті, тықсырды.*

**АЙДАҺАРША** үст. *Айдаһарға ұқсап.*

**АЙДАШАП** сын. сөйл. *Әпербақан, ұрдажық, ұрандатқан.*

**АЙДЫН**[1] зат. *Жайылып, шалқып жатқан су алабы, үлкен көл.*

**Айдын жол.** *Даңғыл, анық, айқын жол, бағыт.* **Айдын көл.** *Ұшы-қиырсыз мол су, көлдария.* **Айдынның сарқыны.** *Атақты, даңқты, жақсының көзі, қалдығы.* **Айдыны асып, топаны толды.** *Абыройы асып, беделі көтерілді.*

**АЙДЫН**[2] зат. *Айбар, айбат, қаһар, айбын.*

**АЙДЫН**= ет. *Сескену, айбыну, имену.*

**АЙДЫН-АЙДЫН** сын. поэт. *Шалқар-шалқар, жалт-жұлт еткен, мөлдір, тұнық.*

**АЙДЫНДАЙ** сын. **1**. *Айдын сияқты.* **2**. ауыс. *Шексіз, мол, кең.*

**АЙДЫНДАЙЫН** сын. фольк. ***Айдындай.***

**АЙДЫНДАН**= ет. **1**. *Айдындай жалтырап жайылып жату.* **2**. *Ерекшелену, шалқу, жайнау.*

**АЙДЫНДАНУ** *Айдындан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДЫНДАТ**= ет. *Асқақтату, шарықтату, даңқын шығару.*

**АЙДЫНДАТУ** *Айдындат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙДЫНДЫ** сын. **1.** *Айдыны мол, кең шалқар.* **2**. ауыс. *Айбынды, айбатты, күшті.*

**АЙДЫНДЫР**= ет. *Сескендіру, имендіру, ықтыру, қаймықтыру.*

**АЙДЫНДЫРУ** *Айдындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЗА: айза болды.** ескікіт. *Есінен танды, құлады.*

**АЙ-ЖАЙ**: **ай-жай болды.** а) *Рақаттанды, жадырады, жаны жай тапты.* ә) *Жарық түсті, таң атты.* б) *Тыныштанды, жайбарақаттанды.* в) *Аң-таң болды, таңырқады, таңданды.*

**Ай-жайға қарамады.** сөйл. *Ай-шайға қарамады.*

**АЙ-ЗАЙРА** зат. көне. *Айзада, ай келбетті періште.*

**АЙКЕЗБЕ** зат. **1.** мед. <лат. somnus – ұйқы, ambulare – жүру> *Ұйқыда жатқан адамның жүру, заттардың орнын алмастыру сияқты дағдылы қимыл-әрекеттерді орындауы арқылы көрінетін жүйке ауруы.* **2**. этн. *Ай толысқан кезде кейбір сезімтал адамдардың өз-өзінен мазасызданып ұйқысы келмей, түн ішінде ұйқысырап тұрып, кезіп жүріп кететін аурудың халықтағы атауы.*

**АЙКИДО** зат. спорт. *Шығыс елдерінің, жапондардың жекпе-жек күрес түрі.*

**АЙКИДОШЫ** зат. спорт. *Айкидо күресімен шұғылданушы, айкидо күресінің маманы.*

**АЙКӨЛ** зат. ойын. *Балалардың қимыл қозғалысты ойыны.*

**АЙ-КҮНІ**: **ай-күні жақындады.** *Босанар мезгілі толды.*

**Ай-күні жетті [толды].** *Босанар мезгілі болды.* **Айы-күні батты.** *Жарығы сөнді, қызығы бітті.*

**АЙҚАБАҚ**[1] зат. жерг. ***Күнбағыс.***

**АЙҚАБАҚ**[2] зат. этн. көне. 1. *Туған Ай пішіндес етіп құйылған сом алтын немесе күміс; алтын қабақ.*

**АЙҚАБАҚ**[3] зат. этн. спорт. *Ағаш басына іліліп қойылған қабақты садақпен атып түсіру сайысы; ұлттық спорт түрі.*

**АЙҚАЙ**[1] зат. **1**. *Әдеттегіден қатты шыққан дауыс, айғай.* **2**. *Айқай-ұйқай, айқай-ду, ұрыс.*

**Айқайға басты.** *Айқайды үдетті, айқай салды, айқайлады.* **Айқай кезең.** этн. *Қатты айғай жететін жер ауқымындағы қашықтықтың мөлшерін білдіретін халықтық өлшем атауы, бір шақырымға жақын қашықтық.* **Айқай салды.** *Айқайлады, дауыстады.* **Айқайы жерге түспеді.** *Ұзақ уақыт дауысы естіліп тұрды.*

**АЙҚАЙ$^{2}$** од. *Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін одағай сөз.*

**АЙҚАЙ-ДАҢҒАЗА** зат. *У-шу дауыс, айқай-сүрең.*

**АЙҚАЙ-ДУ** зат. *Айқай-даңғаза, у-шу.*

**АЙҚАЙ-ДУМАН** зат. *Айқай-шу, сауықсайран.*

**АЙҚАЙ-ҚИҚУ** зат. *У-шу, айқай-ұйқай, айқай-сүрең.*

**АЙҚАЙ-ҚҰҚАЙ** зат. сөйл. ***Айқай-ұйқай.***

**АЙҚАЙЛА**= ет. **1**. *Әдеттегіден гөрі қатты дауыстау, айқай салу.* **2**. ауыс. *Ұрандау, ұран салу.*

**Айқайлап дауыс шығару.** этн. *Адам өлгенде әйел-еркектердің айқайлап дауыс салып, жоқтауы.*

**АЙҚАЙЛАС**= ет. *Айқай салысу, ұрысу.*

**АЙҚАЙЛАСУ** *Айқайлас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАЙЛАТ**= ет. *Айқай салдыру, ойбайлату.*

**АЙҚАЙЛАТУ** *Айқайла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАЙЛАУ** *Айқайла етістігінің қимыл атауы; айқай салу, қиқулау.*

**АЙҚАЙЛЫ** сын. *Айқайы мол, айғайлы, айғай-шуға толы.*

**АЙҚАЙ-СҮРЕН** зат. *Қым-қуыт, айқайшу, ию-қию.*

**Айқай-сүрен салды.** *Ұрандады, дабыл қақты.*

**АЙҚАЙСЫЗ** сын. *Айқайы жоқ, у-шусыз.*

**АЙҚАЙ-ТАЛАС** зат. *Айқай-сүрен, даужанжал.*

**АЙҚАЙ-ТАРТЫС** зат. *Тартыс-талас, дау-жанжал, дау-дамай.*

**АЙҚАЙ-ҰЙҚАЙ** зат. *Айқай-ду, айқайшу, талас-тартыс.*

**АЙҚАЙ-ҰРАН** зат. *Жауға шабуылға шыққандағы қатты айқай мен жауынгерлік ұран.*

**АЙҚАЙ-ШУ** зат. *У-шу, даурыққан көп дауыс.*

**АЙҚАЙШЫ** зат. **1**. *Айқайлаушы (адам).* **2**. ауыс. *Басшы, бастаушы.*

**АЙҚАЙШЫЛ** сын. *Айқай құмар, даурықпа, даңғаза.*

**АЙҚАЙШЫЛДЫҚ** зат. *Даңғазалық, даурықпалық, айқайқұмарлық.*

**АЙҚАЙЫҢ** зат. өс. <лат. malcolmia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙҚАЛА**= ет. көне. *Аймалау, сылап-сипау.*

**АЙҚАЛАУ** *Айқала етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАЛАС**= ет. *Құшақтасу, аймаласу.*

**АЙҚАЛАСУ** *Айқалас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАЛАТ**= ет. *Аймалату, иіскелету.*

**АЙҚАЛЫП** зат. этн. зерг. *Көбінесе сырға, шытыра, жаулыққа тағатын, жүгенге, ердің қасына орнататын айшық аталатын әшекейлер дайындауға қолданған жарты ай бейнесін түсіретін құйма қалып.*

**АЙҚАЛЫС** зат. жерг. *Соғыс, айқас.*

**АЙҚАР**= ет. көне. ***Айқастыр.***

**АЙҚАРА** үст. **1**. *Шалқайта, кеңінен.* **2**. *Қиғаш, көлденең.*

**Айқара ашты**. *Шалқайта кең етіп ашты.* ә) *Әрқашан сыйлы болды, ерекше ықыласпен қабылданды.* **Айқара жапты [жамылды]**. *Ұзынынан қиғаштай жапты.* **Айқара жырту**. егін-шар. *Жер қыртысын аударып, 50-70 см, одан да тереңірек етіп жырту.* **Айқара құшақтады**. *Қос қолдап, қапсыра құшақтады.*

**АЙҚАРЫЛ**= ет. *Шалқасынан, барынша кеңінен ашылу.*

**Айқарыла ашылды.** *Шалқасынан ашылды.*

**АЙҚАРЫЛУ** *Айқарыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАРЫС** зат. жерг. *Талас, айтыс, керіс.*

**АЙҚАС$^{1}$** зат. **1**. *Шайқас, қырғын ұрыс, соғыс.* **2**. *Талас-тартыс, күрес, арпалыс.* **3**. этн. әск. *Әскердің майдандағы тактикалық соғыс әрекетінің негізі формасы саналатын, әскери әрекеттің немесе оның жекелеген жоспарларының мақсатына жетуге бағытталған бірнеше ұрыстар мен әскери соққылардың жиынтығын құрайтын қарсы әскери күштердің майдандағы шайқастың апогейі.*

**АЙҚАС$^{2}$** сын. *Қарама-қарсы, айқасқан, қиылысқан.*

**Айқас тозаңдану.** бот. *Бір өсімдік гүліндегі тозаң сол өсімдіктегі басқа гүлге (гейтоногамия) немесе басқа өсімдікте орналасқан гүлдегі аналық аузына (ксеногамия) тасымалдануы.* **Айқас тігу.** этн. қолөнер. *Өрнек ізімен біркелкі төртбұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті айқыш түрінде айқастыра бастырып отыратын инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі.* **Айқас тігіс.** кәс. *Инемен біркелкі төртбұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырып тігетін, тігілуі қарапайым әрі әдемі, кесте өнерінде ең көп қолданылатын тігіс түрі.*

**АЙҚАС**= ет. **1**. *Екі заттың бір-бірімен айқарылуы, айқыш-ұйқыш тұруы.* **2**. *Соғысу, шайқасу.* **3**. *Алысу, арпалысу, күресу.*

**АЙҚАСПАЛЫ**: **айқаспалы тозаңдану**. бот. *Гүлдердің жел әсерінен басқа бір гүлдердің тозаңымен тозаңдануы.*

**АЙҚАСТЫР**= ет. **1**. *Екі затты бірінің үстіне бірін айқара, қиылыстыра салу.* **2**. *Матастыру, айқастыра байлау.*

**Айқастыра тігу**. *Инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі.*

**АЙҚАСТЫРУ** *Айқастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАСТЫРЫЛ**= ет. *Ерсілі-қарсылы қиылыстырылу.*

**АЙҚАСТЫРЫЛУ** *Айқастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚАСУ$^{1}$** зат. биол. *Жаңа комбинация (рекомбинация) түзетін гендерді анықтайтын, гомологты жұп хромосомалар бөліктерінің өзара алмасуы.*

**АЙҚАСУ$^{2}$** *Айқас етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Соғысу, шайқасу.* **2**. *Арпалысу, күресу.*

**АЙҚОРАЛАНДЫ: айқораланды соғысы**. әск. көне. *Қарсылас жауды айналдыра кеңінен қоршап алып, содан соң біртіндеп қыспаққа алып талқандап соғысу әдісі.*

**АЙҚҰЛАҚ$^{1}$** зат. өс. <лат. anadonta> *Сортаң, сорлы жерде өсетін өсімдік.*

**АЙҚҰЛАҚ$^{2}$** зат. этн. ойын. *Балалардың жаз кезінде бірі «қасқыр», бірі «ит», бірі «қойшы», қалғаны «қой» болып ойнайтын ойыны.*

**АЙҚҰЛАҚТАН$^{1}$**= ет. *Жерге себілген дәннен өсімдік жапырағының екіге айырылып құлақтанып шығуы.*

**АЙҚҰЛАҚТАН$^{2}$**= ет. жерг. *Мақтану, мастану, есіру, асқақтау.*

**АЙҚҰЛАҚТАНУ** *Айқұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚЫН** сын. **1**. *Анық, ашық.* **2**. *Аян, мәлім, белгілі.*

**АЙҚЫНДА**= ет. **1**. *Анықтау; анық, айқын етіп көрсету.* **2**. *Нақтылау, дәлелдеу, саралау.*

**АЙҚЫНДАЛ**= ет. **1**. *Анық, айқын көріну.* **2**. *Танылу, белгілі болу.* **3**. *Анықталу, дәлелдену, ашылу.*

**АЙҚЫНДАЛУ** *Айқындал етістігінің қимыл атауы; анықталу, танылу.*

**АЙҚЫНДАМА** зат. *Анықтама, дәлелдеме.*

**АЙҚЫНДАМАЛАНУ** ет. жаңа. *Бір нәрсенің немесе тұлғаның өзі тектес кешендегі немесе қауымдастықтағы орнының белгіленуі, анықталуы.*

**АЙҚЫНДАН**= ет. *Айқын болу, анықталу.*

**АЙҚЫНДАНУ** *Айқындан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚЫНДАТ**= ет. *Анықтату, дәлдеу, нақтылау.*

**АЙҚЫНДАТУ** *Айқындат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚЫНДАУ** *Айқында етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Анықтау.* **2**. *Дәлелдеу.*

**АЙҚЫНДАУЫШ** зат. лингв. *Анықталатын сөздің жетегінде кейде қосарланып, кейде оңашаланып айтылып, өзінің алдындағы сөздің мазмұнын ашып дәлдеп, анықтап тұратын анықтауыштың ерекше түрі.*

**АЙҚЫНДЫҚ** зат. *Анықтық, дәлділік.*

**АЙҚЫНДЫЛЫҚ** зат. *Анықтылық, белгілілік.*

**АЙҚЫНЫРАҚ** сын. *Анығырақ, дәлірек, ашығырақ.*

**АЙҚЫРА** үст. сөйл. ***Айқара.***

**Айқыра жапты [жамылды]**. сөйл. ***Айқара жапты.*** **Айқыра құшақтады**. сөйл. ***Айқара құшақтады.***

**АЙҚЫШ$^{1}$** зат. сөйл. *Түрлі-түрлі сәнді, айшықты мәнер, өрнек.*

**АЙҚЫШ$^{2}$** зат. діни. *Христиан дінінің қосу таңбасына ұқсас символы.*

**Айқыш жорықтары**. тар. *Арабтар билігіндегі қасиетті жерлерді қайтаруды желеу етіп, XI-XIII гг. еуропалық христиан дінбасыларының ұйымдастырған жорығы.*

**АЙҚЫШТА**= ет. **1**. *Ерсілі-қарсылы, айқыш-ұйқыш ету.* **2**. *Әдемілеу, сәндеу, әшекейлеу.*

**АЙҚЫШТАЛ**= ет. **1**. *Айқыш-айқыш болу, айқыш-ұйқыш етілу.* **2**. *Өрнектелу, әшекейлену, көркем күйге түсу.* **3**. ауыс. *Көркемделу, бейнелену.*

**АЙҚЫШТАЛУ** *Айқыштал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚЫШТАН**= ет. **1**. *Әшекейлену, сәндену, әдемілену.* **2**. ауыс. *Алабұрттану, ақилану.*

**АЙҚЫШТАНУ** *Айқыштан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙҚЫШТАУ** *Айқышта етістігінің қимыл атауы; әшекейлеу, сәндеу, өрнектеу.*

**АЙҚЫШТЫ** сын. *Өрнекті, нақышты.*

**Айқышты жүген.** этн. *Түйіндерінің түйілісіне үш-үштен тойнағы «қарғашасы» бар ай дөңгелек, гүл бедерлі металл шытыра салынатын, қайысты бөлмей түйіліп жасалатын жүгеннің ерекше түрі.*

**АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШ** сын. **1**. *Ерсілі-қарсылы, бірін-бірі қиып өткен шым-шытырық, айқасып жатқан, ілік-шатыс.* **2**. *Шимай-шимай, иір-қиыр.*

**АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШТАН**= ет. *Бір зат пен екінші заттың айқаса торлануы, басып өтуі, айқастыра байлануы.*

**АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШТАНУ** *Айқыш-ұйқыштан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЛА** [ар. حيلة] зат. *Амал, тәсіл, әдіс, қулық, ылаж, шара.*

**Айлаға құрық берді.** *Өтірікке, арбау-айлаға көзжұмбайлықпен қарады, ыңғайына жығылып,*

*көмектесті.* **Айлаға салды.** *Қулыққа басты, алдаусыратты.* **Айла қылды.** *Қулық жасады, алдады.* **Айламен түсірді.** *Алдап соқты, алдап қолға түсірді.* **Айласы асты**. *Әдіс, амалын анықтап, ретін, жөнін келтірді.* **Айласы құрыды**. *Амалы таусылды, әрекеті іске аспады.* **Айласын асырды**. *Алдады, амалын тапты.*

**АЙЛА=** ет. жерг. *Айнала қоршау.*

**АЙЛА-АМАЛ** зат. *Істің реті, әрекет, тәсіл; қулық.*

**АЙЛА-ӘДІС** зат. *Амал-шарғы, амал-тәсіл, айла-қимыл.*

**АЙЛА-ӘРЕКЕТ** зат. *Айла-тәсіл, айла-амал.*

**АЙЛАКЕР** сын. *Айла тапқыш, айлашыл, тәсілқой, қу.*

**АЙЛАКЕРЛІК** зат. *Айлашылдық, тәсілқойлық.*

**АЙЛАКЕС** сын. сөйл. ***Айлакер***.

**АЙЛАКЕСТІК** зат. сөйл. ***Айлакерлік***.

**АЙЛАҚ** зат. жерг. **1**. *Өзен, көл, теңіз жағалауындағы шығанақ, бұғаз, қойнау.* **2**. <франц. port> *Теңіз, көл, үлкен өзен жағасында кеме, баржа тоқтауға арналған жер, кемежай.*

**АЙЛАҚОР** сын. *Айлашыл, айлакер, қу.*

**АЙЛА-ҚУЛЫҚ** зат. *Алдап-арбаудың алуан түрлі амалы.*

**АЙЛАҚША** зат. *Көл, теңіз жағасындағы кемелер аялдайтын, тоқтайтын шағын жер.*

**АЙЛАЛА=** ет. **1**. *Қулыққа салу, алдау.* **2.** *Амалдау, амалын табу.*

**АЙЛАЛАС** сын. *Амалдас, тәсілдес, қулығы бір.*

**АЙЛАЛАУ** *Айлала етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЛАЛЫ** сын. *Айласы мол, айлакер, айлашыл, қулығы мол.*

**АЙЛАЛЫЛЫҚ** зат. *Айласы молдық, айлакерлік, айлашылдық.*

**АЙЛАН=** ет. сөйл. ***Айнал***.

**АЙЛАНКЕС** сын. *Кеңкелес, есерсоқ, есуас, есі ауысқан.*

**АЙЛАНҚАСТА=** ет. жерг. *Шыр көбелек айналу, алысқа кетпей төңіректеу, айналсоқтау.*

**АЙЛАНҚАСТАУ** *Айланқаста етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЛАНПАС** зат. жерг. ***Айналма[2]***.

**АЙЛАНТ** зат. өс. <лат. ailanthus glandulosa> *Даражелектілер тұқымдасына жататын ағаш.*

**Айлант түт көбелегі**. зоол. <лат. philosamia cynthia> *Емен көбелектері тұқымдасына жататын жәндік түрі.*

**АЙЛАНШӨП** зат. өс. <лат. polygonum persicaria> *Таран туысына жататын, биіктігі жетпіс-сексен см біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙЛАМ** зат. жерг. *Бәйге аттарының айналма шабысындағы жол.*

**АЙЛАП** үст. *Бірнеше ай бойы, айлаған уақыт бойы.*

**АЙЛАПАТ** сын. *Кең, жайпақ, керемет үлкен.*

**АЙЛАП-ЖЫЛДАП** үст. *Ұзақ уақыт, көптен.*

**АЙЛАС=** ет. жерг. *Үйқасу, сәйкесу, ұқсау.*

**АЙЛАС** сын. *Босанатын айы, мезгілі бір, шамалас.*

**Айлас қатын мұңдас**. *Істеп жүрген іс-әрекеті бір әуендес адамдар сырлас, мүдделес болады.*

**АЙЛАСЫЗ** сын. **1**. *Қулығы, арамдығы, айласы жоқ, келер қатерді байқай бермейтін, білмейтін.* **2**. *Амалсыз, айла-шарғысыз, әрекетсіз.*

**АЙЛАСЫЗДЫҚ** зат. *Айласы жоқтық, шарасыздық.*

**АЙЛА-ТӘСІЛ** зат. *Амал-жолы, айла-шарғы.*

**АЙЛАТ=** ет. жерг. *Жіберу, кетіру, аластату, аулақтату.*

**АЙЛАТПА** сын. жерг. *Үлкен.*

**АЙЛАТЫ** сын. жерг. *Қаттырақ, көбірек.*

**АЙЛАУЫҚ** зат. өс. <лат. onosma> *Айлауық тұқымдасына жататын көпжылдық не екіжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**Айлауық тұқымдасы**. бот. <лат. boraginaceae> *Бір, екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**АЙЛА-ШАРҒЫ** зат. *Белгілі бір мақсатқа қулық әдістерімен жетуге тырысатын іс-әрекет, айла-тәсіл.*

**Айла-шарғыға салды**. *Шырғалаңға салды, әуре-сарсаңға түсірді.*

**АЙЛАШЫ** зат. *Амалшыл, айлакер адам.* // *Алдамшы, қу.*

**АЙЛАШЫЛ** сын. *Амалшыл, айлакер, тәсілқой.*

**АЙЛЫ** сын. **1**. *Ай сәулесі мол түсіп тұрған жарық, жарқыраған.* **2**. ауыс. *Нұрлы, жайнаған.*

**Айлы кеште.** *Ай жарқырап тұрған, ай толық көрінген түн ортасы.*

**АЙЛЫҚ[1]** зат. өс. <лат. onosma gmelini> *Айлауықтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙЛЫҚ[2]** зат. **1**. сөйл. *Бір ай істелген еңбекке төленетін ақы, жалақы.* **2**. зат. қоғ.-әлеум. *Белгілі бір қоғамдық жұмысты өткізу үшін бөлінген бір ай уақыт, науқан.*

**АЙЛЫҚ[3]** сын. *Отыз күндік мерзімді қамтитын.*

**Айлық ақы алды**. *Бір айлық еңбекақысына ие болды.* **Айлық билет**. көлік. *Жолаушының қалаішілік қоғамдық көлікпен бір ай жол жүруге құқық беретін ақылы билеті.* **Айлық есеп**. ресми. *Жоспарға сәйкес орындалған іс жөнінде ай сайын берілетін мәлімет құжат.* **Айлық жер.** этн. *Байырғы кезде ең алыс қашықтық эталоны ретінде қолданылған атпен жүргенде бір ай (30 күн) шамасында жетуге болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем; айшылық жер.* **Айлық жол түс болды.** *Ай жүріп жететін жерге түске дейін-ақ жететін болды.* **Айлық жоспар**. *Ай сайын істелетін жұмыстың, оны орындаудың бағыт-бағдары көрсетілген құжат.*

**АЙЛЫҚСЫЗ** сын. *Бір айға берілетін жалақысыз.*

**АЙМАҚ** зат. **1**. геогр. *Физикалық-географиялық аудандастырудың жоғарғы өлшемдерінің бірі.* **2**. *Әкімшілік-аумақтық бөлініс, өлке, өңір, атырап.* **3**. *Айнала, маңай, төңірек.*

**АЙМАҚАРАЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Бірнеше аймаққа тән, соларға ортақ.*

**АЙМАҚКӨЛ** зат. *Суы белгілі бір аймаққа жиналып, тосылып қалған, ақпайтын көл.*

**АЙМАҚТАНУ[1]** зат. терм. *Ағзалардың белгілі бір түрін, туысын, тұқымдасын немесе басқа қандай болса да жүйелік санаттың таралу алабын зерттейтін ғылым.*

**АЙМАҚТАНУ[2]** зат. терм. *Халықаралық қатынастың және жаһандық бәсекелестіктің субъектілері ретінде аймақтық қауымдастықтар, топтар мен елдер, олардың аймақтарының дамуының ішкі және сыртқы түркіжайттарын зерттейтін ЖОО талдама пән.*

**АЙМАҚТАНУШЫ** зат. кіт. *Аймақтану мамандығының иесі.*

**АЙМАҚТАНУШЫЛЫҚ** зат. кіт. *Аймақтануға қатысты.*

**АЙМАҚТАНУШЫ-ЭКОНОМИСТ** зат. кіт. *Әрі аймақтану, әрі экономика салаларын игерген маман.*

**АЙМАҚТЫ** сын. *Көлемді, аумақты, көп.*

**АЙМАҚТЫҚ** сын. *Өлкелік, өңірлік, аймақ бойынша, аймаққа тән.*

**Аймақтық геология**. *Жер қыртысының үлкен бөліктерінің геологиялық құрылысын зерттейтін ғылым, геологияның бір саласы.* **Аймақтық геохимия**. *Үлкен аудандарда тау жыныстарының петрологиялық ерекшеліктеріне байланысты, химиялық элементтердің жоғары концентрациясының пайда болуына себеп болған процестерді зерттейтін ғылым, геохимияның бір саласы.* **Аймақтық гидрогеология**. *Үлкен аудандар мен ірі геологиялық құрылымдардың гидрогеологиялық жағдайын, жерасты суларының таралу заңдылығын зерттейтін ғылым, гидрогеологияның бір саласы.* **Аймақтық ерекшелік.** *Әрбір аймаққа, өлкеге тән өзіндік сипат; жергілікті ерекшелік.* **Аймақтық қоғамдастық.** *Мүдделерінің ортақтығы негізінде пайда болған белгілі бір территориялық шеңбердегі қауымдастық.* **Аймақтық лексика**. лингв. *Жергілікті жерде ғана емес, одан гөрі кең аумақта қолданылатын территориясы бар тілдік ерекшеліктер.* **Аймақтық метаморфизм**. *Ірі кеңістіктер мен аймақтарда әртүрлі тау жыныстарының минералдық құрамы мен құрамында болатын күрделі өзгерістер жиынтығы.* **Аймақтық нарық**. экон. *Бөлек территориялық бөлімше нарығы (республика, облыс, аймақ, аудан бойынша).* **Аймақтық сөздік**. лингв. *Басқа мемлекеттер территориясындағы тіл иелері, ұлт тілі сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктерін қамтитын сөздік.* **Аймақтық стандарт.** *Стандарттау жөніндегі аймақтық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт.* **Аймақтық телефон байланысы**. *Мемлекеттің бір аймағындағы телефон торабы.* **Аймақтық экономика**. *Экономика ғылымының өндіріс салалары мен кәсіпорындарды ел аумағының жекелеген өңірлеріне ұтымды орналастыруды, өнімді өткізу аймақтарын қалыптастыруды көздейтін сала.*

**АЙМАҚЫЛА=** ет. сөйл. *Әшекейлеу, өрнектеу, сәндеу.*

**АЙМАҚЫЛАУ** *Аймақыла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙМАЛА=** ет. **1**. *Құшақтау, құшып сүю, сипалау, иіскеу.* **2**. *Мейірлену, айналып-толғану.* **3**. ауыс. поэт. *Қалықтау, қалқу.*

**АЙМАЛАҚТА=** ет. *Қалжыңдасып алысу, құшып сүю.*

**АЙМАЛАҚТАУ** *Аймалақта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙМАЛАС=** ет. *Сүйісу, құшақтасу.*

**АЙМАЛАСУ** *Аймалас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙМАЛАТ=** ет. **1**. *Құштыру, сүйгізу.* **2**. ауыс. поэт. *Желге бетін тосу, суға шомылу.*

**АЙМАЛАТУ** *Аймалат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙМАЛАУ** *Аймала етістігінің қимыл атауы; құшып сүю, мейірленіп, құшақтау.*

**АЙМАЛАУШЫ** зат. **1**. *Аймалап, құшушы адам.* **2**. ауыс. *Қамқоршы, аялаушы.*

**АЙМАНДАЙ: беті аймандай болды**. *Абыройы айрандай төгілді, әшкереленді, масқарасы шықты, ұятқа қалды.*

**АЙМАҢДАЙ** сын. бейн. *Ақыл-ойы толысқан, айрықша дарынды.*

**АЙМАУЫТ** зат. көне. *Асыл болаттан соғылған, ұсақ шынжыр торлы, батырлар соғыста киетін сауыт.*

**АЙМАУЫТТАЙ** сын. сөйл. *Алпамсадай, соқталдай.*

**АЙМАШ** зат. жерг. *Суға пісіріп, май салған нан.*

**АЙМЫР** зат. өс. <лат. fimbristylis> *Қияқ тұқымдасына жататын гүлшоғыры шатыр тәріздес, ылғалды жерлерде не су қоймаларының*

*құмды жағалауларында өсетін, арамшөп ретінде көбіне күріш алқаптарында кездесетін бір немесе көпжылдық жабайы шөп.*

**АЙМЫШТА=** ет. *Мәнерлеп өрнектеу, оймыштау, көркемдеу.*

**АЙМЫШТАУ** *Аймышта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНА** [ир. آینه] зат. **1**. *Бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған, кескіні шағылысқан заттар бейнесін, суретін айнытпай көрсететін шыны немесе металл бұйым.* **2**. жерг. *Терезе.* **3**. мед. жерг. *Рентген.* **4**. ауыс. *Жарқын бейне, көрініс.*

**Айна бұлақ.** поэт. *Айнадай жалтыраған мөлдір бұлақ.* **Айна көз**. поэт. *Жалт-жұлт еткен әдемі дөңгелек көз.* **Айна көл**. поэт. *Айдын шалқар таза көл.* **Айна қатесі жоқ.** *Ешбір өзгерісі жоқ, ұқсас; аумаған, дәл өзі.* **Айна қатесіз**. *Дәл, анық, тұп-тура.*

**АЙНАБЕСІН** зат. ***Ұлыбесін*** *(нағыз бесін, күннің қақ маңдайға келген тұсы, бесін намазы оқылар шақ).*

**АЙНАДАЙ** сын. **1**. *Айна сияқты, айна тәрізді.* **2**. ауыс. *Тап-таза, тұнық.* **3**. *Жарқыраған, шайдай ашық.* **4**. *Жап-жалтыр, жарқыраған.* **5**. ауыс. *Әдемі, сұлу.*

**Айнадай жарқыраған.** а) *Тап-таза, мөп-мөлдір.* ә) *Жап-жалтыр, теп-тегіс.* б) *Тегіс, кең, түзу.* **Айнадай қылды.** *Тазалады, жап-жалтыр, мұнтаздай етті.*

**АЙНАДАЙЫН** сын. фольк. *Жарқыраған, әдемі, айнадай.*

**АЙНАКӨЗ** зат. зоол. <лат. abramis sapa> *Қара теңізде, Каспийде тіршілік ететін тұқы тұқымдасына жататын балықтың бір түрі.*

**АЙНАҚАЛТА** зат. этн. ***Айнақап.***

**АЙНАҚАП** зат. этн. *Төртбұрыш пішінді, тұмарша тәрізді қақпағы жабылатын етіп ақ киізден жасалатын опа, айна тәрізді сәндеңуге қажетті бұйымдарды салып, шымылдыққа іліп қоятын бұйым.*

**АЙНА-ҚАТЕСІЗ** сын. *Тұпа-тура, дәл, анық, айнытпай, өзгеріссіз.*

**АЙНАЛ=** ет. **1**. *Дененің өз осі бойымен қозғалуы.* **2**. *Айнала жүру, төңіректеу, айналсоқтау, орағыту.* **3**. *Бір күйден екінші күйге ауысу, ауу.* **4**. *Бөгеліп қалу, кідіру, кешігу.* **5**. *Қайтып оралу, қайта келу.* **6**. *Таялу, жақын қалу, ыңғайлану.* **7**. *Жақсы көру, емірену.*

**Айналар жер жоқ**. *Өте тар, шағын, тығыз.* **Айналып толғанды**. *Асты-үстіне түсіп, бәйек қақты.*

**АЙНАЛА** зат. *Төңірек, маңай.*

**Айналаның бәрі қауіп.** *Бәле аяқ астында, ешкімге сенуге болмайды, әрбір нәрсе қатерлі деген мағынада.* **Айналасы кебір, ортасы жебір.** *Төңірегі сортаң, ұйықты, сазды жер.*

**АЙНАЛАЙЫН** од. **1**. *Үлкен кісінің өзінен кіші адамды жақсы көргенде айтатын сөзі.* **2**. *Еркелету, көңіл күйін білдіретін «қарағым», «қалқам» мәніндегі қаратпа атауыш.* **3**. *Жалынып, жалбарыну мағынасындағы одағай сөз.*

**АЙНАЛАҚТА=** ет. *Төңіректеп ұзап кете алмау, айналсоқтау.*

**АЙНАЛАҚТАУ** *Айналақта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛАСЫ** үст. *Бар болғаны, не бары, бар-жоғы.*

**АЙНАЛА-ТӨҢІРЕК** зат. *Жан-жақ, маңай.*

**АЙНАЛҒЫШ: көт айналғыш**. қарап. *Сөзде тұрмайтын, уәдесіз, тиянақсыз.*

**АЙНАЛДЫР=** ет. **1**. *Бір затты не тетікті бір орнында бұрап қозғау.* **2**. *Бір заттың ішін сыртына қарату, киімнің астарын сыртына аудару, ауыстыру.* **3**. *Бір нәрсені екінші нәрсеге ауыстыру, аудару.* **4**. *Қандай да бір мәдени игілікті арнайы бағытта өркендету, дамыту мақсатымен гүлдендіру, жетілдіру, кемелдендіру, тұрақтандыру.* **5**. *Айтқанына көндіру үшін әрекеттену.* **6**. *Бір нәрсенің соңына түсіп, соған құмарту, қызығу.* **7**. *Дөңгеленту, үйірілту.*

**Айналдыра бұрғылау**. кен. *Бұрғыны үздіксіз айналдырып, оны күшпен батыру арқылы тау жыныстарын бұрғылау тәсілі.* **Айналдыра себу**. ауылшар. *Тұқым себу кезінде ала-құла жер қалмау үшін дән-ұрықты егістікті айналдыра шашу әдісі.* **Айналдырған ауру**. *Ұзаққа созылған дерт.*

**АЙНАЛДЫРҒАН** үст. *Бар болғаны, бар-жоғы.*

**АЙНАЛДЫРУ** *Айналдыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір затты екінші бір жоғары сатыдағы нәрсеге дамыту, жеткізу, жетілдіру.* **2**. *Айтқанына көндіруге әрекеттену.*

**АЙНАЛДЫРУШЫ: айналдырушы қабат**. астр. *Фотосфераның үстінде кейде онымен тұтасып жататын Күн атмосферасының келесі қабаты.*

**АЙНАЛДЫРЫЛ=** ет. *Ауыстырылу, көшірілу.*

**АЙНАЛДЫРЫЛУ** *Айналдырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛҚАСТА=** ет. көне. *Айналсоқтау, айналшықтау, шырғалақтап шыға алмау.*

**АЙНАЛҚАСТАУ** *Айналқаста етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛМА[1]** зат. **1**. *Бұрылыс, бұрыла беріс.* **2**. геогр. <грек. maiandros> *Өзен тасқынындағы судың циркуляциясы нәтижесінде пайда болатын, өзен арнасының жоғарыдан қарағанда көрінетін иіні, бүгілісі.*

**Айналма бәйге**. *Бәйге аттары тура шаппай, белгілі бір межені айнала шабатын бәйге.* **Айналма етек көйлек.** *Белден етекке дейін он екіден қырық сегіз қиықтан құралып тігілетін көйлек.* **Айналма жол**. *Тура жолдан басқа белгілі бір қоныс орындарын айналып өтетін қосымша жол.*

**АЙНАЛМА[2]** зат. вет. *Күйіс қайтаратын малдың миына зақым келуден пайда болатын, жылауық құрттар тудыратын жұқпалы ауру, айналсоқ, тентек.*

**АЙНАЛМАЛЫ** сын. **1**. *Айналып, қозғалып тұратын.* **2**. *Түзу емес, айналып өтетін, бұрылыс-бұрмасы көп.*

**Айналмалы капитал**. экон. *Құны өндірілген тауарға түгелімен көшетін өндіргіш капиталының бір бөлігі.* **Айналмалы қаржы**. экон. *Ақша айналым қорларының жиынтығы.* **Айналмалы қозғалыс**. физ. *Қатты дененің барлық нүктелері параллель жазықтықтарда қозғалғанда, центрлері айналу осі деп аталатын қозғалмайтын түзу бойында орналасқан шеңберлер сызатын қозғалыс.* **Айналмалы қор.** экон. *Өндірістің бір кезеңі бойындағы өндіріс процесінде түгел тұтынылатын және құны даяр өнімге аударылатын бөлігі.* **Айналмалы үстел**. кен. *Металл кескіш білдектердің (жонғыш немесе қашау) тетігі.*

**АЙНАЛМАЛЫ-АУЫСПАЛЫ** сын. этн. *Қазақ биіндегі қимылдың сипаты.*

**АЙНАЛСОҚ[1]** зат. **1**. тех. *Нәрсенің шиыршықталып қалмай (арқан т.б.) еркін айналып тұруы үшін жасалған темір құрылғы.* **2**. *Бұрылыс, айналма.*

**АЙНАЛСОҚ[2]** сын. *Қайта айналып, оралып келе беретін.*

**Айналсоқ бұрғылау**. кен. *Кен барлау және кен қазуда ұңғыларды бұрғылау тәсілдерінің бірі.*

**АЙНАЛСОҚТА=** ет. *Шырғалақтап шыға алмау, айналшықтау, ұзап кетпеу.*

**АЙНАЛСОҚТАУ** *Айналсоқта етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Кідіру, тоқтап қалу.* **2**. ауыс. *Қайта оралу, қарайлау, қайырылу.*

**АЙНАЛТ=** ет. *Айналдыру, дөңгеленту.*

**АЙНАЛТУ** *Айналт етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛУ** *Айнал етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Орағыту, айналып жүру.* **2**. қаржы. *Ақша, қаражаттың айналымға түсуі, қозғалысы.* **3**. геом. *Жазықтықтың немесе кеңістіктің ең кем дегенде бір нүктесі жылжымай өз орнында қалатын қозғалыс.*

**АЙНАЛШАҚТА=** ет. сөйл. ***Айналшықта.***

**АЙНАЛШЫҚТАУ** *Айналшықта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛШЫҚ[1]** зат. сөйл. *Көтеншектің сыртқы жиегі, ернеуі.*

**Айналшық жегендей**. *Төңіректеп, шыр айналып, ұзап кете қоймай, маңайлап жүріп алу.*

**АЙНАЛШЫҚ[2]** зат. вет. *Бір орнында тұра алмай айнала беретіндігімен сипатталатын сиырдың төлінде болатын мал ауруы.*

**АЙНАЛШЫҚТА=** ет. *Бір жерден ұзай алмай, айналсоқтап жүріп алу.*

**АЙНАЛШЫҚТАУ** *Айналшықта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛЫ** сын. *Айна салынған, айнасы бар.*

**АЙНАЛЫҚ** сын. *Айна жасауға арналған.* // *Айна жасауға лайық әйнек, шыны.*

**АЙНАЛЫМ** зат. **1**. спорт. *Айналып шығатын жер, оралым, қайырым.* **2**. экон. *Бюджет бойынша бөлінген қаражаттың жыл бойына жұмсалуы, қозғалысы.*

**Айналым жылдамдығы**. астр. *Күннің, Жердің т.б. өз осін айналу кезіндегі уақытқа қатысты қозғалыс жиілігі.* **Айналым қаржылары**. экон. *Кәсіпорындар қорлары мен айналыс қорларының ақша түріндегі жиынтығы.* **Айналым қоры**. экон. *Қордың өндіріс процесінде түгелінен пайдаланылып, құны жаңа өнімге толығынан ауысатын бөлігі.* **Айналым салығы**. экон. *Мемлекеттің ақша ресурсын құрайтын орталықтандырылған қоры.*

**АЙНАЛЫП-ТОЛҒАН=** ет. *Өліп-өшу, сүйіп-құшу.*

**АЙНАЛЫП-ТОЛҒАНУ** *Айналып-толған етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛЫП-ҮЙІРІЛ=** ет. **1**. *Айналып-толғану, өліп-өшу.* **2**. *Айналсоқтау, орағыту.*

**АЙНАЛЫП-ҮЙІРІЛУ** *Айналып-үйіріл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНАЛЫС[1]** зат. **1**. *Бұрылыс, айналым, айналатын жер.* **2**. ауыс. *Алыс, шалғай.*

**АЙНАЛЫС[2]** зат. экон. *Экономикада еңбек өнімдерінен басқа да меншік нысандарын сатып алу және сату арқылы болатын тауарлы шаруашылыққа тән айырбас формасы.*

**Айналыс қоры**. қаржы. *Айналыс саласында қызмет ететін кәсіпорын қаржысының бөлігі.* **Айналыс шығындары**. қаржы. *Өндірілген тауарларды тұтынушыларға жеткізуге, оларды өткізуге байланысты жұмсалатын қоғамдық еңбек шығындары.*

**АЙНАЛЫС=** ет. **1**. *Бір іспен шұғылдану, әрекеттену.* **2**. *Бір істі кәсіп ету.*

**АЙНАЛЫСУ** *Айналыс етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Шұғылдану, әрекеттену.* **2**. *Кәсіп ету.*

**АЙНАЛЫСУШЫ** зат. *Белгілі бір шаруамен айналысатын адам, кәсіп етуші, шұғылданушы.*

**АЙНАМ** зат. экспр. *Қарағым, шырағым мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.*

**Айнам көз.** *Сұлу, шырайлы, сүйікті, сүйкімді.*

**АЙНАТАЗ** зат. *Жалтыр бас, төбесінде шашы жоқ, таз.*

**АЙНАША** үст. *Айна сияқты, айнадай жалтырап.*

**АЙНАШЫМ** зат. экспр. *Жақсы көру, айналып-толғану мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.*

**АЙНИ** үст. жерг. *Ыңғай, ылғи, өңкей.*

**АЙНУ** *Айны етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бұзылу, бүліну, уәдеде тұрмау.* **2**. *Ауытқу, адасу.*

**АЙНЫ**= ет. **1**. *Аяқ астынан өзгеру, бұрынғы бағыт-бағдарын бұзу.* **2**. *Серттен таю, уәдеден шықпау, табансыздық көрсету, толқу, бұзылу.* **3**. ауыс. *Сусынның, т.б. тағамның дәмі бұзылу, ашу, татып кету.* **4**. *Бұзылу, тоқтамау, күйі қайтпау.*

**АЙНЫҒЫШ** сын. *Тез өзгеретін, ой-ниетінен жылдам айнып кететін, тұрақсыз, тиянақсыз.*

**АЙНЫМА**= ет. *Нақ өзіндей, өзінен айна-қатесі жоқ ұқсас болып тұру.*

**Айнымай қалды**. *Дәл өзіндей болып қатты ұқсап туды.*

**АЙНЫМАЛ** зат. этн. тамақ. *Дәмі бұзылған саумал қымыз.*

**АЙНЫМАЛЫ**[1] сын. **1**. *Өзгермелі, құбылмалы.* **2**. *Опасыз, тұрлаусыз.*

**Айнымалы ала мінез.** *Тұрақсыз, құбылмалы мінез.* **Айнымалы жұлдыздар**. астр. *Температурасы мен радиусының бірде ұлғаюы, бірде кішіреюі салдарынан жарығы құбылып тұратын жұлдыздар.* **Айнымалы мінез-құлық**. псих. *Адам мінезінің тұрлаусыз, тиянақсыз, құбылмалы болып отыруы.* **Айнымалы ток**. зат. физ. *Бағыты мен шамасы периодты қайталамалы түрде үнемі өзгеріп отыратын электр тогы.*

**АЙНЫМАЛЫ**[2] зат. мат. *Зерттеу барысында түрлі мәндер беріліп отыратын немесе түрлі мәндер қабылдайтын x, y, z..., и таңбалар.*

**Айнымалы шама**. мат. *Әртүрлі сан мәндерін қабылдайтын шама – математика ғылымының негізгі ұғымдарының бірі.*

**АЙНЫМАЛЫЛЫҚ** зат. *Өзгермелілік, құбылмалылық.*

**АЙНЫМАС** сын. *Айырылмас, ажырағысыз.*

**Айнымас дос.** *Шын, бар көңілімен, жан-тәнімен берілген дос.*

**АЙНЫМАУ** *Айныма етістігінің қимыл атауы.*

**АЙНЫМПАЗ** сын. *Айнығыш, өзгермелі, айнымалы.*

**АЙНЫТ**= ет. *Алған беттен тайдыру, өзгерту.*

**АЙНЫТУ** *Айныт етістігінің қимыл атауы.*

**АЙОВАН** зат. өс. <лат. trachyspermum> *Шатыршағулділер тұқымдасына жататын жапырағы сұрғылт түсті, жұмыртқа пішінді, сабағы қуыс, біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙОТ** зат. өс. <лат. lunaria> *Айқышгүлділер тұқымдасына жататын, ай сәулесімен гүл ашатын күлгін түсті ірі гүлдері бар бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АЙПАД** зат. инф. жаңа. *«Apple» корпорациясы шығаратын интернет-планшеттің халық арасында кең таралған аты.*

**АЙПАЙ-ЖАЙПАЙ** үст. *Апырып-жапыра, айпара-жайпара.*

**АЙПАП-ЖАЙПАП** үст. *Қырып-жойып, апырып-жапырып қиратып.*

**АЙПАРА** зат. *Ірі, үлкен, айрықша.*

**АЙПАРАДАЙ** сын. *Ай бетіндей нұрлы, айдай сұлу.*

**АЙПАР-ЖАЙПАР** сын. жерг. *Ел арасына іріткі салғыш, бүлдіргіш.*

**АЙПАРЫ** сын. сөйл. ***Айпара.***

**АЙРА-ЖАЙРА** сын. жерг. **1**. *Әптер-тәптер, алай-түлей, астан-кестен.* **2**. *Мәре-сәре, мәз-мәйрам.*

**АЙРАН** зат. этн. тамақ. *Сиырдың, қойдың, ешкінің піскен сүтіне мәйек, ашытқы қосылып ұйытатын сүттен жасалған қышқыл дәмді ұлттық тағам.*

**Айран алып шығу**. этн. ***Ақ алып шығу.*** **Айран сұрап келіп, шелегіңді жасырма**. *Айтар сөзіңді, өтінішіңді тоқталмай, бүкпелемей айт, қаймықпа, тайсалма, жасырма деген мағынада.* **Айран ішері**. *Бетке ұстары, сырткөз қылар амалы.*

**АЙРАН-АСЫР** үст. **1**. *Ұлан-асыр, шашылып-төгіліп, аста-төк болып.* **2**. *Таңданып, таң-тамаша болған түрде.*

**Айран-асыр болды**. *Таң болды, есі кетті, не қыларын білмеді.*

**АЙРАНДАЙ** сын. *Айран сияқты біртұтас, біртегіс.*

**Айрандай аптады, күбідей күптеді**. *Еш нәрседен іркілмей, емін-еркін билеп-төстеді.* **Айрандай ұйып отыр**. *Ауызбірлігі күшті болып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тату отыр.* **Айрандай іріді**. *Ауызбірлігі бұзылып, ырың-жырың болды.*

**АЙРАНДАЛ**= ет. *Алыстан ағарып, айғыз-айғыз болып, бозғылт тарту.*

**АЙРАНДАЛУ** *Айрандал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙРАНДАН**= ет. *Бұлдыр тартып ағару, бозару, бұлыңғырлану.*

**АЙРАНДАНУ** *Айрандан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙРАНДЫҚ** зат. *Айран жасарлық, ұйытарлық.*

**АЙРАНКӨЖЕ** зат. *Тары, бидай, күріш, арпа жармаларынан қайнатылған көжеге айран қосылып дайындалатын ұлттық тағам.*

**АЙРАНКӨЗ** зат. *Қарасынан ағы көп, сүйкімсіз көз.*

**АЙРАН-ӨҢЕЗ** сын. *Айғыз-айғыз ақ салтақтанған, опаланған.*

**АЙРАН-ШАЛАП** зат. *Айран, шалап сияқты сусындардың жалпылауыш атауы.*

**АЙРАНШЫ** зат. *Айран жеткізуші, айран тасушы.*

**АЙРАТ** зат. өс. <лат. eversmannia> *Жапырақтары ұсақ, етжеңді қосқауырсын сияқты орналасқан, сабақтары жуандау көпжылдық тікенді өсімдік.*

**АЙРАУЫҚ** зат. өс. <лат. calamagrostis> *Астық тұқымдасына жататын, малазықтық көпжылдық шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**АЙРИЫП** үст. көне. *Алшиып, айбаттанып.*

**АЙРОПЛАН** ор. зат. сөйл. *Аэроплан, ұшақ.*

**АЙРЫҚ** зат. *Айрылатын, бөлінетін жер.*

**АЙРЫҚША** үст. *Ерекше, өзгеше.*

**Айрықша үкім**. заң. *Судьялардың көпшілік дауысымен қабылданған шешіміне келіспейтін жеке судьяның пікірі.*

**АЙРЫҚШАЛА**= ет. *Ерекшелеу, бөлекшелеу, өзгешелеп қарау.*

**АЙРЫҚШАЛАН**= ет. *Ерекшелену, өзгешелену.*

**АЙРЫҚШАЛАНУ** *Айрықшалан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙРЫҚШАЛАУ**[1] *Айрықшала етістігінің қимыл атауы.*

**АЙРЫҚШАЛАУ**[2] сын. *Бөлекшелеу, өзгешелеу.*

**АЙРЫҚШАЛЫҚ** зат. *Ерекшелік, өзгешелік.*

**АЙСБАЙЛЬ** [нем. Eisbeil] зат. спорт. *Мұз оюға, мұзға қада қадауға арналған тауға шығып жарысатын спорт түрлері ойыншыларының аспабы.*

**АЙСБЕРГ** [нем. Eicberg] зат. ***Мұзтау.***

**АЙСЫЗ** сын. *Ай тумаған, ай сәулесі жоқ, қараңғы.*

**Айсыз қара түн.** *Ай тумаған, ай сәулесі жоқ қараңғы түн.*

**АЙСЫРҒА** зат. зерг. *Сырғаның айшық сияқты, жарты ай тәрізді етіп жасалған түрі.*

**АЙТ**[1] [ар. عيد] зат. діни. *Оразадан ауыз ашқаннан кейінгі мұсылмандардың ұлы мейрамы.*

**Айт мерек [құтты] болсын.** тілек. *Айт күнінде ниетің қабыл болсын, орындалсын мәніндегі ақ тілек.* **Айт намаз.** діни. *Айт күні жамағатпен жиналып, әдетте мешіттерде оқылатын намаз.*

**АЙТ**[2] од. *Итті біреуге немесе бір нәрсеге айтақтату, өршелендіру үшін айтылатын сөз.*

**Айт, жануар.** *Малды айдау, жүргізу үшін қолданылатын сөз.* **Айт шуу.** *Көлікті жүргізу яки орнынан тұрғызу үшін айтылатын ишарат сөз.*

**АЙТ**= ет. **1.** *Сөзбен ой-пікрді білдіру, ауызша сөйлеу.* **2.** ауыс. *Тапсыру, сұрау.*

**Айта алмады.** *Аузы бармады; сөзбен толықтай жеткізе алмады, сөз жеткізсіз болды.* **Айта берсең.** *Сөз етсең, әңгіме қылсаң.* **Айт [айтып] айтпай немене [не пайда, не керек].** *Айтты не, айтпады не, еске алып не керек.* **Айта кетерлік.** *Ауызға алуға, еске түсіруге тұрарлық.* **Айта қаларлықтай.** *Көзге, атаққа, сөзге ілінерліктей, ауыз толтырарлықтай; естен кетпейтіндей, елеулі.* **Айтар ойы бар.** *Мағыналы, мәнді.* **Айтар сөзі жоқ.** *Тамамдалды, бітті; айтарын тауысты; дәлелді, уәжді сөзі қалмады.* **Айтқанға көнбеді.** *Сөз тыңдамады, тіл алмады, дегенін істемеді.* **Айтқандай-ақ екен**. *Жақсы, тәуір екен, көңілдегідей, десе дегендей-ақ екен.* **Айтқан дәті.** *Білдірген уәжі, айтқан себебі.* **Айтқан сөз құлағынан ағып кетеді.** *Сөзге ден қоймады, айтқан сөз далаға кетеді.* **Айтқан сөзіне [уәдесіне] жетпеді.** *Сөзінде тұрмады, уәдесін орындамады.* **Айтқаны болды.** *Дегені келді.* **Айтқаны екі болмады.** *Айтқаны бұлжымай іске асты.* **Айтқаны келді**. *Дегені болды, айтқаны орындалды.* **Айтқаны келіп, атқаны тимеген жері жоқ.** *Ойына келгендері орындалып, қолынан келмейтін шаруасы болмады.* **Айтқаны көкірегіне [көкейіне] қонбады, кірмеді.** а) *Айтқан ақылды алмады, мән бермеді.* ә) *Ұнамады, ойынан шықпады.* **Айтқаным айтқан.** *Дегенім деген, сөзім сөз, айттым бітті.* **Айтқанына көніп, айдауында жүрді.** *Дегенін істеді, орындады, дегенінен шықпады.***Айтқанынан қайтпады.** *Дегенінде тұрды, бұлжымады.* **Айтқанынан [дегенңнен] шықпады.** *Біреудің дегенін екі етпей орындады.* **Айтқанын [дегенін, сөзін] екі етпеді.** *Дегенін бұлжытпай орындады, дегенін істеді, бірден-ақ көнді.* **Айтқанын қате қылмады.** *Сөзін жерге тастамады, айтқанын бұлжытпай орындады, мүлтіксіз бағынды.* **Айтқанын қылды.** *Айтқанын істеді, айтқанымен жүрді.* **Айтқаның келсін.** алғыс. *Аузыңа май, дегенің болсын деген мағынада.* **Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр.** *Дегені болып, айтқаны, ойлағаны орындалды.* **Айтқызбай-ақ біледі.** *Іштегісін сезеді, емеурінін байқайды, бірден түсіне қойды.* **Айтпады деме.** *Қашан айттың деме, қара да тұр дегенге саятын ескерту мәнінде қолданылатын сөз.* **Айтпаса да белгілі.** *Сөзсіз-ақ түсінікті, өзінен-өзі айқын.* **Айтсам, аузым қара қанға толсын.** *Айтқан жоқпын деп қарғануды білдіреді.* **Айтылған сөз атылған оқпен тең.** *Айтылды бітті, қайта қайту жоқ деген мағынада.* **Айтып салды.** *Қаймықпай батыл айтты, сөйледі; айтар ойын бүккен жоқ.*

**АЙТАБАН** зат. көне. *Ошақ орнындағы қозды, қызуы бар айтақыр жер.*

**АЙТ-АЙТТА**= ет. *Айтшылау, айттау.*

**АЙТ-АЙТТАУ** *Айт-айтта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТАҚ** о д . **1.** *Ит қосқанда айтылатын сөз.* **2.** а у ы с . *Біреуді біреуге айдап салу, арандату үшін жасалған әрекет.*

**АЙТАҚТА=** е т . **1.** *Ит қосу, «айтақ-айтақ» деп итті өшіктіру.* **2.** а у ы с . *Арандату, айдап салу.*

**АЙТАҚТАТ=** е т . **1**. *Ит қостыру, «айтақ-айтақ» деп итті өршелендіру.* **2.** а у ы с . *Біреуді айдап салу, өшіктіру.*

**АЙТАҚТАТУ** *Айтақтат етістігінің қимылатауы; ит қостыру.*

**АЙТАҚТАУ** *Айтақта етістігінің қимыл атауы; айт-айт деп айғайлау, дауыстау.*

**АЙТАҚШЫ** з а т . **1**. *Итті айтақтаушы.* **2**. а у ы с . *Демеуші, қолдап-қолпаштаушы, уағыздаушы.*

**АЙТАҚШЫЛ** с ы н . **1**. *Итті айтақтап салуға бейім тұратын.* **2.** а у ы с . *Біреуді біреуге айдап салу, арандатуға құмар.*

**АЙТАҚЫР** з а т . *Шөпсіз, тап-тақыр жазық жер.*

**АЙТАҚЫРЛАН=** е т . *Тақырлану, айтақыр болу.*

**АЙТАҚЫРЛАНУ** *Айтақырлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТАРЛЫҚ** с ы н . *Айтатын, айтатындай.*

**АЙТАРЛЫҚТАЙ** с ы н . *Айта қаларлықтай, қомақты, үлкен, зор.*

**АЙТАС** з а т . г е о л . *Калийлі далалық шпаттар тобына жататын сирек кездесетін минерал, жартылай асылтас.*

**АЙТАТЫР**[1] з а т . с ө й л . ***Айтақыр.***

**АЙТАТЫР**[2] з а т . ө с . ***Татыр*** (*таулы жерге өсетін құнарлы шөп*).

**АЙТАШАҚ** з а т . *Айтуға тиісті сөз.*

**АЙТАШЫ** з а т . ж а ң а . *Теле-, радио хабарларын жүргізуші журналист.*

**АЙТҚЫЗ=** е т . *Айттыру, сөйлеуге мәжбүр еткізу.*

**АЙТҚЫЗУ** *Айтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТҚЫЛА=** е т . *Үсті-үстіне айту, қайталау.*

**АЙТҚЫЛАУ** *Айтқыла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТҚЫР** с ы н . к ө н е . *Шешен, сөзшең.*

**АЙТҚЫШ** с ы н . *Келістіріп айта білетін, сөзге шебер, айтқыр.*

**АЙТҚЫШСЫН=** е т . э к с п р . *Өзін-өзі айтқышпын деп санау.*

**АЙТҚЫШСЫНУ** *Айтқышсын етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТҚЫШТА=** е т . *Бір айтқанын қайталап айта беру.*

**АЙТҚЫШТАУ** *Айтқышта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТҚЫШТЫҚ** з а т . *Келістіріп айта білушілік.*

**АЙТОПЫР** ү с т . *Абыр-сабыр, әлек-тәлек, апалаң-топалаң.*

**АЙТ-ӨЙ** о д . *Айт-шай, айт-үйт.*

**АЙТПАҚШЫ** м о д . *Тағы бір айтарым бар деген мағынада қолданылатын сөз.*

**АЙТТА=** е т . *Айт мейрамы күні үй-үйді аралап қыдыру, айтшылау.*

**АЙТТАС=** е т . *Айт мейрамында үй-үйді араласу, айтшыласу.*

**АЙТТАСУ** *Айттас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТТАУ** *Айтта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТТЫ-АЙТПАДЫ** м о д . *Шынында да, айтса айтқандай деген мағынада қолданылатын сөз.* ***Айтып-айтпай немене.***

**АЙТТЫҚ** з а т . к ө н е . *Айт күні берілетін сыйлық, тағам.*

**АЙТТЫР**[1]**=** е т . **1.** *Сөйлету, айтқызу.* **2.** *Ән, жыр, айтқызу.* **3.** *Хабар бергізу.*

**АЙТТЫР**[2]**=** е т . э т н . *Күні бұрын қызға құда түсу, атастыру.*

**Айттырған күйеу.** э т н . *Қалыңдығы белгілі болған соң, баталасып қойған соң, жігітке тағылатын жанама ат.* **Айттырған қыз.** э т н . *Құда болып, айттырып қойған жері бар қалыңдық.* **Айттырып қойды.** *Некелесуге алдына ала уағдаласты, құдандаласуға сөз байласты, атастырды.*

**АЙТТЫРУ**[1] *Айттыр етістігінің қимыл атауы; айтқызу.*

**АЙТТЫРУ**[2] э т н . *Айттыр*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТТЫРУЛЫ** с ы н . *Күні бұрын құда түсіп, жас кезінен айттырылып қойылған, атастырылған.*

**АЙТТЫРУШЫ** з а т . э т н . *Қызға қалыңмал төлеп, құда түсуші жақ.*

**АЙТТЫРЫЛ=** е т . *Күні бұрын құда түсіп, атастырылу.*

**АЙТТЫРЫЛУ** *Айттырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТТЫРЫС=** е т . *Құда болып бәтуаласу, келісу.*

**АЙТТЫРЫСУ** *Айттырыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТУ** *Айт етістігінің қимыл атауы; сөйлеу.*

**Айтуға аузы бармады.** *Біліп тұрғанын айтуға батылы жетпеді.* **Айтуға тұрмайды.** *Ештеңеге жарамсыз, құнсыз.* **Айтуға тілді тербетті.** п о э т . *Айтуға түрткі болды, сөйлеуге мәжбүр қылды, ой қозғатты.* **Айтуға тіл жетпейді.** *Сөзбен жеткізе алмайды.*

**АЙТУДАЙ: айтудай-ақ айтты.** *Әбден тәптіштеп, жеріне жеткізіп айтты.*

**АЙТУЛЫ** с ы н . **1.** *Атақты, даңқты, атағы жайылған.* **2.** *Көпке танымал, белгілі.* **3.** *Айрықша, есте қалатын.*

**Айтулының өзі.** *Мықты кісі деген мадақтау мағынасында қолданылатын сөз.*

**АЙТУСЫЗ** с ы н . **1.** *Айтылмаған, аталмаған.* **2.** *Айтып жеткізуге қиын, тіл жетпейтін.*

**АЙТУШЫ** з а т . **1.** *Айтатын адам, сөз иесі.* **2.** а у ы с . *Сөз аңдыған адам.*

**Айтушы ердің ұстасы.** п о э т . *Шешен сөйлеп, шебер жеткізетін адам туралы.*

**АЙТУШЫЛЫҚ** з а т . *Деушілік, өз ой-пікірін білдірушілік.*

**АЙТУЫНША** ү с т . *Айтуы бойынша, айтуына қарағанда.*

**АЙТҰЯҚ** з а т . п о э т . *Жылқы малының бейнелі атауы.*

**АЙТ-ҮЙТ: айт-үйтқа қарамады.** *Ештеңеге көңіл бөлмеді, алаң болмады.*

**АЙ-ТҮЙ: ай-түйге қарамады.** *Ештеңеге көңіл бөлмеді, мән-жайды ескермеді.*

**АЙТ-ҮЙТ: айт-үйт жоқ.** *Бас жоқ, көз жоқ, алды-артына қарамай.*

**Айт-үйтке [әй-түйге] қарамады.** *Ай-шайға қарамады, еш нәрсені елемеді.*

**АЙТ-ШУ** о д . с ө й л . ***Әйт-шу.***

**АЙТ-ШУЛЕ=** е т . *Әйт-шу деп малды айдау.*

**АЙТШЫ** з а т . *Айт мейрамын атаушы, айттаушы, айттап жүруші.*

**АЙТШЫ-АЙТШЫЛА=** е т . с ө й л . *Бір нәрсені білгісі келіп, айт-айттың үсті-үстіне алу, қайталап айта беруді өтіну.*

**АЙТШЫЛА=** е т . *Айт мейрамында үй-үйді аралау, айттап қыдыру.*

**АЙТШЫЛАС=** е т . *Айт кезінде үлкен-кіші бірге жүріп тойласу.*

**АЙТШЫЛАСУ** *Айтшылас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТШЫЛАУ** *Айтшыла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТЫЛ=** е т . **1.** *Көңілдегі ой-пікірдің сыртқа шығарылуы, сөйленуі, білінуі.* **2.** *Сөз болу, әңгімеге іліну.*

**АЙТЫЛМЫШ** с ы н . с ө й л . *Айтылған, сөз болған.*

**АЙТЫЛУ** *Айтыл етістігінің қимыл атауы; ой-пікірдің сыртқа шығарылуы, сөйленуі.*

**АЙТЫЛЫМ** з а т . т е р м . **1.** и н ф . *Кейбір пікірлер жүйесінде тек ақиқаттығына ғана байланысты қарастырылатын, бірақ осы жүйеден тыс тағайындалған ақиқат та, жалған да болуы мүмкін пайымдау*. **2.** л и н г в . *Тіл дыбыстарының сөздегі, сөйлеудегі дыбысталуы.* **3.** л и н г в . *Сөйлем түрінде безенділіріліп пайымдау түрінде сыртқа шыққан ой.*

**АЙТЫЛЫН=** е т . к ө н е . *Аталу, сөз болу.*

**АЙТЫЛЫНУ** *Айтылын етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТЫМ** з а т . *Айтылған не айтылатын сөз, айтылыс.*

**АЙТЫМПАЗ** с ы н . *Айтқыш, сөзуар, сөйлемпаз, сөзге ұста.*

**АЙТЫН=** е т . ж е р г . *Айту, сөйлеу, сөзбен жеткізу.*

**АЙТЫНУ** *Айтын етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТЫП-АЙТПАЙ: айтып-айтпай не керек.** *Қанша айтқанмен, қанша айтса да пайдасы жоқ.*

**Айтып-айтпай немене**. а) *Әрі айт, бері айт, не пайда.* ә) *Сонымен, әлқисса.*

**АЙТЫС** з а т . э т н . ә д е б . **1.** *Суырыпсалма ақындардың шаршы топ алдындағы өлең түріндегі сөз сайысы, жыр жарысы, ертеден осы кезге дейін келе жатқан поэзиялық жанр.* **2.** *Саяси-әлеуметтік, ғылыми мәселелер жөніндегі пікірталас; сөз сайысы.* **3.** *Жікке бөлінген топтардың немесе екі адамның арасындағы тартыс, ұзаққа созылған дау.*

**Айтысқа түсті.** а) *Топ алдында екі адам өлең-сөз жарысына түсіп, сөз ұстасты.* ә) *Пікір таластырды, тартысқа түсті.*

**АЙТЫС=** е т . **1.** *Сөз қылысу, әңгіме етісу.* **2.** *Қарсы сөйлеу, дауласу, пікір таластыру; тартысу.* **3**. *Екі адамның не екі топтың өлеңмен сөз жарысына түсуі.*

**Айтыс ақыны**. *Көпшілік алдында өлең шығарып, айтысатын адам.*

**АЙТЫСКЕР** з а т . *Айтысқа түсуші суырыпсалма ақын.*

**АЙТЫСКЕРЛІК** з а т . *Айтыс өнеріне кәнігілік, шебер болушылық.*

**АЙТЫС-КЕРІС** з а т . *Дау-жанжал, айтыс-тартыс,керіс.*

**АЙТЫСКЕШ** з а т . *Ақындар айтысы ұйымдастырылған думан жиын.*

**АЙТЫСҚҰМАР** с ы н . *Айтысуға әуес, айтысуға бейім.*

**АЙТЫСҚЫШ** с ы н . *Айтысқа шебер, айтысқұмар.*

**АЙТЫСҚЫШТЫҚ** з а т . *Топ алдында өлең-сөзбен жарысқа төселгендік.*

**АЙТЫССЫЗ** с ы н . *Пікірталассыз, ке077сіз.*

**АЙТЫС-ТАЛАС** з а т . *Дау-жанжал, керіс.*

**АЙТЫС-ТАРТЫС** з а т . *Пікірталас, көзқарас қайшылығына байланысты талас.*

**АЙТЫСТЫР=** е т . *Айтысқа түсіру.*

**АЙТЫСТЫРУ** *Айтыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТЫСУ** *Айтыс етістігінің қимыл атауы; сөз сайысына түсу.*

**АЙТЫСУШЫ** з а т . *Айтысқа, сөз жарысына түсуші.*

**АЙТЫСЫП-ТАРТЫС=** е т . *Көзқарасы қайшы адамдардың таласуы, дауласуы, арыздасуы.*

**АЙТЫСЫП-ТАРТЫСУ** *Айтысып-тартыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЙТІЗБЕ**. з а т . э т н . *Байырғы халықтардың айға негізделген жыл санауы.*

**АЙУАН**[1] [ар. حيوان] з а т . с ө й л . **1.** ***Хайуан***. **2.** а у ы с . *Қаскүнем, зұлым, жауыз, қатыгез.*

**АЙУАН**[2] з а т . **1.** ж е р г . *Тұрғын үйдің ашық етіп жасалған кіреберіс жері.* 2. к ө н е . *Балкон, дәліз, жапсар.*

**АЙУАН** з а т . к ө н е .

**АЙУАНАТ** [ар. حيوانات] з а т . *Күллі жан-жануар атаулы, хайуанат.*

**АЙУАНДАЙ** с ы н . *Айуан сияқты, хайуандай.*

**АЙУАНДЫҚ** з а т . *Адамгершілікке жат қылық, жауыздық, зұлымдық.*

**АЙУАНКЕДІ** з а т . ж е р г . *Салмағы 30 килограмға дейін жететін, мал азығы үшін пайдаланылатын асқабақ.*

**АЙУАНҚАРБЫЗ** з а т . ж е р г . *Мал азығы ретінде пайдаланылатын қарбыз.*

**АЙУАНХАНА** з а т . ж е р г . *Үйдің алдыңғы бөлігі, төбесі жабық, алды ашық жері.*

**АЙУАНША** ү с т . *Айуанға ұқсап, айуан тәрізді.*

**АЙУАНШЫЛЫҚ** з а т . **1**. *Айуанға тән қылық, тағылық.* **2**. *Зұлымдық, жауыздық.*

**АЙФОН** з а т . и н ф . ж а ң а . *«Apple» корпорациясы құрастырған төртдиапазонды мультимедиалық смартфондар.*

**АЙ-ХАЙ** о д . э к с п р . *Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін сөз.*

**АЙ-ҺАЙ** о д . с ө й л . ***Ай-хай***.

**АЙ-ҺУ** о д . с ө й л . ***Ай-хай***

**АЙ-ШАЙ** з а т . *У-шу, айқай-ұйқай.*

**Ай-шайға қарамады.** *Бас-көз жоқ, алды-артына қарамады.* **Ай-шай жоқ.** *Еш нәрсеге қарамай, бас-көз жоқ.*

**АЙШАЛҒЫ** з а т . *Жаңа туған ай сияқты имек келген орақ, шалғы.*

**АЙШАЛЫҚ** з а т . с ө й л . *Айкезбе, ұйқылы көзбен түнде тұрып жүретін ауру.*

**Айшалық тиді [болды].** *Түнде ұйқылы көзбен төсегінен тұрып жүрді.*

**АЙШЫҚ** з а т . **1**. *Жаңа туған не бітер кездегі жарты ай.* **2.** *Мешіттің мұнарасына, мазардың басына, әшекейлі ердің қасына орнатылатын жарты ай бейнесіндегі белгі.* **3.** қ о л ө н е р . *Жарты ай тәрізделіп, алтын, күміс т.б. металдан жасалған, түрлі-түсті асыл тастармен безендірілген сырға.* **4**. *Малдың құлағына не денесіне салатын таңбаның, еннің ойық түрі.* **5**. ж е р г . *Жүгеннің сулығына бекітілген тежеу темір, шығыр; сырғаның түрі.* **6.** а у ы с . *Мәнерлі, бейнелі сөз, өлең өнері.*

**Айшық мүйіз.** *Ішіне қарай иіліңкі, үлкен мүйіз.*

**АЙШЫҚГҮЛ** з а т . қ о л ө н е р . *Ою-өрнектің түрі.*

**АЙШЫҚТА** = е т . **1.** *Жарты ай сияқты етіп өрнек салу, мәнерлеу, әшекейлеу.* **2.** а у ы с . *Бейнелеу,суреттеу.*

**АЙШЫҚТАЙ** с ы н . *Айшық сияқты, айшық тәрізді.*

**АЙШЫҚТАЛ**= е т . *Әшекейлену, әрлену, өрнектелу.*

**АЙШЫҚТАЛУ** *Айшықтал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙШЫҚТАН**= е т . *Жарты ай тәрізді болу.*

**АЙШЫҚТАНУ** *Айшықтан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙШЫҚТАС**= е т . *Үйлесімді байланысу,өрнектелісу.*

**АЙШЫҚТАСУ** *Айшықтас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙШЫҚТАТ**= е т . *Әсірелету, мәнерлету, көріктендіру.*

**АЙШЫҚТАТУ** *Айшықтат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙШЫҚТАУ** *Айшықта етістігінің қимыл атауы.*

**АЙШЫҚТЫ** с ы н . **1.** *Ою-өрнекті, айшықталған.* **2.** а у ы с . *Бейнелі, әсерлі.*

**Айшықты тіл.** *Бейнелі, көркем тіл.*

**АЙШЫҚТЫЛЫҚ** з а т . *Мәнерлілік, көркемділік.*

**АЙШЫЛЫҚ** з а т . э т н . *Өте алыс, шалғай деген мағынадағы қашықтық өлшемі.*

**Айшылық жер [шалғай].** *Қашық, өте алыс жер.* **Айшылықты алты аттады.** ф о л ь к . *Ұзақ жолды тез жүріп өтті.*

**АЙЫҒУ** *Айық етістігінің қимыл атауы; аурудан жазылу.*

**АЙЫҒЫМ** з а т . м е д . *Аурудан сақтану, алдын алу шаралары, сақтану, алдын алу жолдары.*

**АЙЫЗ** з а т . *Құмар, ләззат, рақат, сүйсінушілік.*

**Айызы қанды.** а) *Разы болды, ләззаттанды, рақаттанды; риза болып сүйсінді, құмарынан шықты.* ә) ж а ғ ы м с ы з . *«Бөлем, сол керек еді» деп, кектене көңіл тұшытты.*

**АЙЫҚ**[1] с ы н . **1**. *Ашық, тынық, бұлтсыз.* **2**. а у ы с . *Есі бүтін, ақылы дұрыс, анық.*

**АЙЫҚ**[2] с ы н . ж е р г . ***Айыр***.

**АЙЫҚ**= е т . **1**. *Күннің бұлт пен тұманнан, бораннан ашылып, жарқырап тұруы, ашылуы.* **2**. *Аурудың беті қайтып, тәуір болу, сақаю, сауығу.* **3**. *Мас адамның мастығы тарқау.* **4.** а у ы с . *Сейілу, сергу.*

**Айығып кетті.** *Сауығып, тәуір болды.*

**АЙЫҚҚАНША** ү с т . **1**. *Күн ашылғанша.* **2**. *Сауыққанша, тәуір болғанша.* **3**. а у ы с . *Сейілгенше, тазарғанша.*

**АЙЫҚТЫР**= е т . **1**. *Аурудан, дерттен сауықтыру.* **2.** а у ы с . *Сейілту, сергіту.*

**АЙЫҚТЫРҒЫШ** з а т . м е д . *Мастықтан айықтыратын жабық орын, арнаулы санитарлық-медициналық жабық мекеме.*

**АЙЫҚТЫРУ** *Айықтыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Аурудан жазылдыру.* **2**. *Сауықтыру, есін жиғыздыру.*

**АЙЫЛ**[1] з а т . э т н . *Ер-тоқым ауып кетпес үшін көліктің бауырынан, шабынан тартып қоятын құр не жалпақ қайыс тартпа.*

**Айыл қоға.** б о т . < лат. typha anguistifolia> *Судың тереңірек жерінде өсетін бұтақсыз, сидаңдау қоға.* **Айылы бір босап, бір бекіді**. *Тұрақсыз болып, өзгеріп тұрды.* **Айылын ағытты**. *Демалуға қою, бос қою.* **Айылын жимады.** *Еш нәрседен қымсынбады, именбеді, саспады, тайынбады.* **Айылын тартты**. *Қамданды, әзірленді.*

**АЙЫЛ**[2] з а т . э т н . *Ауыл, ауыл-аймақ.*

**АЙЫЛБАС** з а т . э т н . *Айылдың, тартпаның, белдіктің басына тағатын тілшелі металл доғабас, тоға, шығыршық.*

**АЙЫЛДА**= е т . *Айыл салу, айылмен тартып тастау.*

**АЙЫЛДАУ** *Айылда етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫЛДЫ** с ы н . *Айылы бар, айыл тартқан.*

**АЙЫЛЖАПЫРАҚ: айылжапырақ сүйсін.** з а т . ө с .<лат. orehis> *Қазақстанда өсетін сүйсін шөптерінің бір түрі.*

**АЙЫЛҚИЯҚ** з а т . ө с . *Құртқашаш тұқымдасына жататын тамыры қалың қияқ жапырақты, кезектесіп келіп үшеуі жоғары қарап, үшеуі төмен түсіп тұратын алты гүлжапырағы бар, гүлдерінің түсі негізінен сары көпжылдық шөптесін өсімдіктің сулы жерде өсетін түрі.*

**АЙЫЛҚОҒА** з а т . ө с . *Қоға тұқымдасына жататын өсімдіктің бір түрі.*

**АЙЫЛҚҰР** з а т . э т н . *Айыл-таңғыш сияқты ызып істелген, бірақ таңғыштан жалпақтау түйенің тартпасы.*

**АЙЫЛ-ТАРТПА** з а т . э т н . *Ер-тұрман әбзелі, тартпа мен айыл.*

**АЙЫЛ-ТҰРМАН** з а т . э т н . *Тартпа, айыл, үзеңгібау, қанжыға сияқты (қайыстан, құрдан істелген) ер-тоқым, ер-тұрман әбзелдері.*

**Айыл-тұрман тағынды**. *Жолға аттануға дайындалды, мықтап сайланды.* **Айыл-тұрман тартты**. а) *Қамданды, әзірленді.* ә) *Ашу қысып, тас түйін болып бекінді.*

**АЙЫЛША** з а т . э т н . қ о л ө н е р . *Көбіне төрт таспадан жалпақтап өретін өрім мәнерінің бір түрі.*

**АЙЫМ** з а т . **1.** к ө н е . *Қыздарға қарата айтылатын атауыш.* **2.** ж е р г . *Әйел, жұбай, зайып.*

**АЙЫМ-ҚАЙЫМ** з а т . ф о л ь к . *Халық өлеңдерінде ұйқас үшін қолданылатын сөз.*

**АЙЫНА** ү с т . *Ай сайын.*

**АЙЫНДА** ү с т . *Айына бір рет.*

**АЙЫНДА-ЖЫЛЫНДА** ү с т . *Анда-санда, оқта-текте.*

**АЙЫП** [ар. عيب] з а т . **1**. *Жазық, кінә.* **2.** қ ұ қ ы қ . *Қылмыс жасап, жазалы, жазықты, кінәлі болғаны үшін ақшалай не заттай төленетін ақы, айыппұл, өтем.* **3**. а у ы с . *Мін, кемшілік.*

**Айыбын бетіне басты**. *Кінәсін, кемшілігін көзіне батыл айтты.* **Айыбын жуды.** *Күнәайыбын тартты, кешірім сұрады.* **Айыбын көтерді.** *Біреудің айып-қиыбын өз мойнына алды, шығынын өтеді.* **Айыбын мойнына алды [мойындады]**. *Кінәсін түсінді, кінәлі екенін мойындады.* **Айыбын мойнына салды**. *Күнәсін мойындатты, бетіне басты.* **Айыбын тартты.** а) *Айыбын өтеді, төлеуін берді.* ә) *Азабын көрді, зардабын шекті.* **Айып ауды**. *Жала жабылды, нақақ күйді.* **Айып етпе [етпеңіз].** *Кешір, кінә қоймаңыз деген мағынада.* **Айып етті.** *Теріс деп тапты, сөкті, кінәлады.* **Айып көрді [санады]**. *Күнә, мін деп білді, айып деп санады.* **Айыпқа алды**. *Алым, төлемге тартып алды; күнәсін өтету үшін алды.* **Айыпқа бұйырма**. *Айыптама, кінә қойма, ренжіме, сөге жамандама, кешір.* **Айыпқа жығылды.** *Айыпталды, жазаланды.* **Айыпқа тартылды**. *Айыпталды, жазаланды.* **Айып салды**. *Кінәлап айып тақты, алым төлетті.* **Айып тақты [қойды]**. *Кінәлады, жазғырды, қылмысты деп санады.* **Айып таңды [артты]**. *Жала жапты, нақақ күйгізді.* **Айып тартты**. а) *Кінәлі болды, айыпқа бұйырылды.* ә) *Кінәлы болғаны үшін ақшалай, заттай алым төледі.* **Айып төледі.** *Жазығын ақшалай, малдай өтеді.*

**АЙЫП-АҚША** з а т . э т н . *Ертедегі жора бойынша, қызды алып қашқаны үшін төленетін айыппұл.*

**АЙЫПАНА** з а т . э т н . *Күйеу жігіттің қалыңдығына ұрын барғанда атасының үйіне апарып беретін сый кәдесі.*

**АЙЫП-АНЖЫ** з а т . *Айыпқа төленетін зат, төлем.*

**АЙЫП-БОДАУ** з а т . э т н . ***Айыппұл.***

**АЙЫПДОП** з а т . с п о р т . *Командалық спорт ойындарында ойын ережесін бұзғандығы үшін берілетін допты теуіп ойынға қосу, лақтыру, соғу.*

**АЙЫПКЕР** з а т . **1**. *Жазықты, кінәлі адам.* **2.** з а ң . *Қылмыстық іс-әрекеті үшін жауапқа тартылушы.*

**АЙЫП-ҚИЫП** з а т . *Айып-анжы, төлем.*

**Айып-қиып тартты.** *Айып төледі.*

**АЙЫППҰЛ** [ар.+ир.عیب پول] з а т . **1.** қ ұ қ ы қ . *Жазасы үшін төленетін ақшалай өтем.*

**2**. экон. *Екі тараптың бірінің шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін төлем, тұрақсыздық айыбының түрі.*

**АЙЫПСЫЗ** сын. *Кінәсіз, жазықсыз.*

**АЙЫПТА=** ет. **1**. *Кінәлау, сөгу, жазғыру, қаралау*. **2**. *Қылмысты деп табу, жазалау.*

**АЙЫПТАҒЫШ** сын. *Орынсыз кінә таққыш.*

**АЙЫПТАЛ=** ет. *Жазалану, кінәлі болып саналу.*

**АЙЫПТАЛУ** *Айыптал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫПТАЛУШЫ** зат. құқық. *Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған адам, кінә тағылушы.*

**АЙЫПТАР** сын. *Айыпты, кінәлі.*

**АЙЫПТАРЛЫҚТАЙ** сын. *Кінәларлықтай, айып тағарлықтай.*

**АЙЫПТАС=** ет. *Жазаласу, кінәласу.*

**АЙЫПТАСУ** *Айыптас етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫПТАУ** *Айыпта етістігінің қимыл атауы.*

**Айыптау акті**. заң. *Үкім қорытындысы.* **Айыптау қорытындысы**. заң. *Аяқталған тергеу бойынша қылмыстың мән-жайы, айыптау ісі түзілген құжат.*

**АЙЫПТАУШЫ** зат. **1**. заң. *Сотта қылмысты істерді қараған кезде тағылған айыпты қолдаушы, айып тағушы адам.* **2**. *Кінәлаушы, жазғырушы, сөгуші...*

**АЙЫПТЫ** сын. *Кінәлі, жазықты.* // заң. *Айыпкер, қылмыскер.*

**Айыпты мал**. *Айыпқа төленетін мал.*

**АЙЫПТЫЛЫҚ** зат. *Жазалы, кінәлі болушылық, жазықтылық.*

**АЙЫПТЫСЫН=** ет. *Өзін біреудің алдында кінәлы санау.*

**АЙЫПТЫСЫНУ** *Айыптысын етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫП-ШАМ** зат. *Өрескелдік, ерсілік, сөлекет.*

**Айып-шамы жоқ**. *Ерсілігі, артықтығы, өрескелдігі жоқ.*

**АЙЫПШЫЛ** сын. *Біреуге айып, кінә таққыш, айыптағыш, кінәмшыл.*

**АЙЫР**[1] зат. **1**. *Шөп, сабан, егін жинауға керекті құрал; аша*. **2**. ауыс. сөйл. ***Шанышқы***.

**АЙЫР**[2] зат. түйе шар. *Таза қанды айырдан немесе айыр мен қоспақтың арасынан туған қосөркешті түйе тұқымы.*

**Айыр бота**. *Бура мен інгеннен туылған бота; айыр түйенің қос өркешті ботасы.* **Айыр қалпақ.** этн. *Екі жақ күнқағары айыр болып тігілген қалпақ.* **Айыр қоспақ**. түйе шар. *Атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақтың қан араласуынан туған түйенің түрі.* **Айыр өркеш.** *Екі өркешінің аралығына екі адам еркін сыйып отыратындай, таза тұқымды түйелердің өркеш атауы.* **Айыр өркешті түйе**. зоол. <лат. camel usbactrianus> *Түбі тұтаса келіп ұшы екі тармақталған өркеші бар түйе туысына жататын сүтқоректі жануардың түрі.*

**АЙЫР**[3] зат. өс. <лат. acorus calamus> *Шаянот тұқымдасына жататын тамырсабағынан эфир майы алынатын көпжылдық шөптесін өсімдік; ііртамыр.*

**АЙЫР**[4] сын. *Қос тармақты, екі ашалы, екіге жарылған.*

**Айыр балақ**. *Балағын сән үшін екі аша етіп тіккен жырма балақ (шалбар).* **Айыр балақ шалбар**. этн. *Балағының сырт жағынан арнайы қалдырылатын жырығы бар шалбар.* **Айыр көмей [айыр көмей, жез таңдай]**. поэт. *Шешен, тілмар.* **Айыр қалпақ**. этн. *Екі жақ күнқағары айыр болып тігілген, киізден жасалған еркектің баскиімі; ұлттық баскиім үлгісі.* **Айыр сақал**. *Екі тарам сақал.* **Айыр тайлақ.** *Таза нәсілді айыр бура мен айыр інгеннен туған қос өркешті, ұлпек жүнді, көз қызығатындай тайлақ.*

**АЙЫР=** ет. **1**. *Бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару*. **2**. *Киімді, қағазды, матаны т.б. дар екізу, жырту*. **3**. *Ұрып-соғып, қақ жару, бөлу*. **4**. *Әртүрлі тәсілмен бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп шығару, тазарту, ажырату*. **5**. *Жерді жырту, айдау, тілу*. **6**. ауыс. *Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзу, ажырату.* **7**. ауыс. *Баланы емшектен шығару; төлді енесінен бөлу*. **8**. ауыс. *Қол үздіру, құр тастау*. **9**. ауыс. *Ара түсіп алып қалу, құтқару, арашалау, ажыратып алу*. **10**. ауыс. *Бірдей көрмеу, алалау*. **11**. ауыс. *Танып білу, ажырату, анықтау; сырын ұғу, түсіну*. **12**. ауыс. *Үнем қылу, күн көрісіне, қажетті азық-түлігіне қаржы бөлу*. **13.** сөйл. *Кесек ақшаны ұсақтау, уату, майдалау.*

**Айырған май**. *Сары майды қайнатып, тортасынан бөлген май түрі.* **Айырып алғысыз**. а) *Өте ұқсас, егіздің сыңарындай.* ә) *Бөлектеуге болмайтындай.*

**АЙЫР-АЙҚАС** зат. *Шым-шытырық, қым-қиғаш.*

**АЙЫРБАҚАЙ** зат. вет. **1**. *Қойдың, сиырдың аша тұяғының бақайы*. **2**. *Малдың бақайының арасындағы жара.*

**АЙЫРБАС** зат. **1**. *Бір затты басқа бір затқа алмастырып алу, ауыстыру ісі*. **2**. экон. *Тұлғалардың бір-бірімен материалдық игіліктпен немесе қызмет, тәжірибе, білім, ғылым мен техника жетістіктерімен алыс-беріс жасау.*

**Айырбас бағамы**. экон. *Түрлі елдер валюталарын айырбастаудағы үйлесімділік; бір елдің ақша өлшемінің басқа елдің ақша өлшеміне шаққандағы бағасы (баға белгіленімі).* **Айырбас құны**. экон. *Тауардың құнының көріну формасы, тұтыну құны.* **Айырбас сарайы**. көне. *Айырбас, сауда жүргізілетін орын.*

**АЙЫРБАСТА=** ет. **1**. *Бір заттың орнына баспа-бас екінші затты алмастырып алу.* **2**. ауыс. *Ауыстыру, алмастыру, өзгерту.*

**АЙЫРБАСТАЛ =** ет. *Баспа-бас алмастырылу, ауыстырылу.*

**АЙЫРБАСТАЛУ** *Айырбастал етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРБАСТАЛЫМДЫ** сын. *Пара-пар айырбасталатын.*

**Айырбасталымды валюта.** *Басқа валюта түріне оңай айырбасталатын валюта.* **Айырбасталымды қарыз міндеттемесі.** экон. *Несиелерге белгіленген мерзімі өткеннен кейін (көбінесе ажио төлеу шартымен) белгілі бір үйлесімде осы компанияның акцияларына айырбастау құқығын беретін, тиянақталған пайызы бар бағалы қағаз.*

**АЙЫРБАСТАТ=** ет. *Алмастырту, ауыстырту.*

**АЙЫРБАСТАТҚЫЗ=** ет. *Ауыстыртқызу, алмастыртқызу, айырбастатып бергізу.*

**АЙЫРБАСТАТҚЫЗУ** *Айырбастатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРБАСТАТТЫР=** ет. *Алмастырттыру, ауыстырттыру.*

**АЙЫРБАСТАТТЫРУ** *Айырбастаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРБАСТАТУ** *Айырбастат етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРБАСТАУ** *Айырбаста етістігінің қимыл атауы; алмастыру, ауыстыру.*

**АЙЫРБАСШЫЛ** сын. *Айырбас қылуға құмар, әуес.*

**АЙЫРҒЫ** зат. тех. *Электр тізбектерін қосуға және айыруға арналған жылжымалы және жылжымайтын контактылар жүйесінен тұратын аппарат.*

**АЙЫРҒЫСЫЗ** сын. *Айырып ажыратқысыз, танып алғысыз.*

**АЙЫРҒЫШ** сын. **1**. *Ажырата білетін, таныпыш, ажыратқыш*. **2**. *Сұрыптағыш, іріктегіш.*

**АЙЫРҚОМ** зат. жерг. *Ат жауырынын қажамайтын етіп жасаған ер.*

**АЙЫРҚҰЙРЫҚ** зат. зоол. <лат. dermaptera> *Құйрығының ұшы екі айырық болып келетін шаянның түрі.*

**АЙЫРЛА=** ет. *Егінді, шөпті айырмен жинау, ашалау.*

**АЙЫРЛАН=** ет. *Ашалану, тармақтанып бөліну.*

**АЙЫРЛАНУ**[1] зат. бот. <грек. dichotomia – dicha – екіге бөліну, tome – айыру> *Бұтақтанудың бір түрі.*

**АЙЫРЛАНУ**[2] *Айырлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРЛАУ** *Айырла етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРМА**[1] зат. **1**. *Өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық, парық*. **2**. мат. *Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.*

**Айырмасы жер мен көктей**. *Бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, айырмашылығы тым зор.* **Айырма танығысыз**. сөйл. *Айна қатесіз.*

**АЙЫРМА**[2] зат. жерг. *Қойдың, сиырдың бақайында болатын сарып ауруы.*

**АЙЫРМАҚЛЫҚ** зат. ескікіт. *Ажыратарлық, танырлық.*

**АЙЫРМАСЫЗ** сын. *Өзгешелігі жоқ, бірдей.*

**АЙЫРМАШЫЛЫҚ** зат. *Өзгешелік, ерекшелік, айырма.*

**АЙЫРМҮЙІЗ** зат. зоол. <лат. antilocapra americana> *Қуысмүйіздiлер тұқымдасына жататын, күйіс қайыратын жануар.*

**АЙЫРМЫС** зат. сөйл. *Айырмашылық, айырма.*

**АЙЫРСАДАҚ** зат. *Балалардың тас атып ойнау үшін резеңке тартып жасаған кішкене аша ағашы.*

**АЙЫРТ** зат. жерг. *Адамның шаты.*

**АЙЫРТ=** ет. *Жырттыру, қақ айыру.*

**АЙЫРТҚЫЗ=** ет. *Ажыратқызу, ажырату.*

**АЙЫРТҚЫЗУ** *Айыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРТУ** *Айырт етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРТҰЯҚ** зат. *Сиыр, қой, ешкі, елік, марал сияқты аша тұяқты жануарлар.*

**АЙЫРТҰЯҚТЫ** сын. *Тұяқтары аша сияқты болып келген.*

**АЙЫРТЫҒЫН** зат. тех. *Тұрмыстық электр құрал-жабдықтарын электр желісіне қосып ажырататын тетік.*

**АЙЫР-ТЫРМА** зат. *Шөп жинайтын құрал-сайман.*

**АЙЫРУ** *Айыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Әртүрлі тәсілмен бір заттың бойынан басқадай бір затты ажыратып, бөліп алу, екшеп алу*. **2**. *Танып білу, ажырату, анықтау; сырын ұғу, түсіну.*

**Айырған алтын**. *Қоспасы жоқ таза алтын, қоспасынан айырылған алтын.* **Айыру аппараты**. тех. *Қайнату жолымен шикі заттардан түрлі сұйық өнімдер айыру үшін қолданылатын аппарат.*

**АЙЫРУЛЫ** сын. *Тазартылған, аршылған.*

**АЙЫРУШЫ** зат. **1**. *Қандай да бір істің, шаруаның байыбына барушы, мән-мәнісін ажы-*

*ратушы.* **2**. *Құс түскен, ит алған аңды босатып алушы.*

**АЙЫРША**[1] зат. сөйл. ***Шанышқы***.

**Айырша без**. анат. <грек. thymus> *Омыртқалы жануарлар мен адам ағзасындағы иммундық жүйенің қалыптасуы мен оның қызметінің толық атқарылуын қамтамасыз ететін без.*

**АЙЫРША**[2] зат. сөйл. ***Айыртығын***.

**АЙЫРШЫ** зат. *Айырмен жұмыс істейтін, айыр ұстаушы.*

**АЙЫРШЫҚ** зат. сөйл. *Екіге айырылатын, бұрылатын жер; айырық.*

**АЙЫРЫҚ**[1] зат. *Өзеннің, жолдың т.б. екіге салалана бөлінетін жері.*

**АЙЫРЫҚ**[2] зат. этн. *Таудың аша сияқты айырығындағы су көзі.*

**АЙЫРЫҚША** үст. сөйл. ***Айрықша***.

**АЙЫРЫҚШАЛА**= ет. сөйл. ***Айрықшала***.

**АЙЫРЫҚШАЛАН**= ет. сөйл. ***Айрықшалан***.

**АЙЫРЫҚШАЛАНУ** *Айырықшалан етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРЫҚШАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Айрықшалық***.

**АЙЫРЫЛ**= ет. **1**. *Жыртылып кету, сөгілу.* **2**. *Бөліну, тарамданып кету.* **3**. *Бір нәрсені қолдан шығарып алу, қол үзу, ажырап қалу.* **4**. *Біреуден біреу бөліну, ажырау.* **5**. *Бөлек кету, бірге болмау, бірікпеу.*

**Айырылмас [мәңгілік] достық.** а) *Шынайы, берік достық.* ә) ресми. *Мемлекеттер арасындағы жақсы, түсіністікке құрылған қатынас.* **Айырылып қалу.** *Жоғалту, жіберіп алу, қолдан шығару.*

**АЙЫРЫЛУ** *Айырыл етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Көз жазып қалу, жоғалту.* **2**. *Қол үзу, ажырау.*

**АЙЫРЫЛЫС** зат. *Бөлініс, жіктеліс.*

**АЙЫРЫЛЫС**= ет. *Бір-бірінен кетісу, ажырасу.*

**АЙРЫЛЫСҚАЗАН** зат. этн. *Көрші болып келгендер не ағайын-туыс қоныс аударар кезде жасалатын кәделі ас; жайлау өзгертіп, көшетін кезде ауыл адамдарының бірін-бірі дәмге шақырысып, бір-біріне жақсы тілек білдіру рәсімі.*

**АЙЫРЫЛЫСУ** *Айырылыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЙЫРЫЛЫМ** зат. геол. *Жер жыныстарының бүтіндігі мен тұтастығының, үздіксіздігінің нұқсаны, бұзылуы.*

**АЙЫРЫМ** зат. **1**. *Айырмашылық, өзгешелік.* **2**. *Айырылатын жер, айрық.*

**Айырым басқалық.** *Ерекшелік, өзгешелік.* **Айырым белгі.** лингв. *Бір парадигмадағы тіл бірліктерінің бір-бірінен ажыратып, өз алдына дербес бірлік болуын қамтамасыз ететін ерекше белгілері.* **Айырым интонация**. лингв. *Екпін, әуен сияқты дауыс құралдары арқылы ерекшеленген сөз ағымы маңызды бөлігінің айтылу әуезі.*

**АЙЫРЫП-ҚОСҚЫШ** зат. тех. *Токтың бағытын өзгертіп отыратын тетік.*

**АЙЫРЫС**= ет. *Ажыратысу, есептесу.*

**АЙЫРЫСУ** *Айырыс етістігінің қимыл атауы.*

**АКАДЕМИЗМ** [франц. academisme] зат. **1**. *Ғылыми зерттеулер мен оқу дәрістерінің практикаға байланыссыз таза теориялық бағыттылығы.* **2**. *Бейнелеу өнерінде XVI–XIX ғасырлардағы көркемсурет академияларында туып қалыптасқан, көне заман мен қайта өркендеу дәуіріндегі өнердің сыртқы формаларына еліктеу негізінде құрылған классикалық өнер бағыты.* **3**. *Белгілі бір классикалық үлгілерді, қалыптасқан дәстүрлер мен ережелерді ұстану (поэзияда, балет және т.б.).*

**АКАДЕМИК** зат. **1**. *Ғылым академиясының толық мүшесі ретіндегі ғалымның ғылыми атағы.* **2.** *Тиісті академияға сайланған ғалым, суретші, скульптор және т.б. атағы.* **3**. ауыс. *Шебер, өз ісіне жетік білгір адам.*

**АКАДЕМИЯ** [грек. akademia] зат. **1**. *Ғылым-білімді, өнерді дамыту міндеті болып табылатын ең жоғарғы ғылыми мекемелердің атауы.* **2**. *Білімнің арнаулы бір саласымен байланысты жоғары дәрежелі оқу орны.*

**АКАДЕМИЯЛЫҚ** сын. *Академия, академияға қатысты.*

**Академиялық демалыс.** *Ауру немесе басқалай себептермен студенттерге берілетін бір жылдық үзіліс мерзім.* **Академиялық есу**. спорт. *Есу спортының бір түрі.* **Академиялық жыл**. *Жоғары оқу орындарында семестр, сессияларды қамтитын оқу жылы.* **Академиялық сағат**. *Мектептегі және жоғары оқу орындарында өткізілетін лекция, сабақ үшін белгіленген уақыт мөлшері (45-50 мин.).* **Академиялық сарын**. ***Академизм*** *(классикалық үлгілерді, қалыптасқан дәстүрлер мен ережелерді ұстану).* **Академиялық театр**. *Орындаушылық шеберлігі аса жоғары деңгейдегі шығармашылық ұжымдарға (театрларға) берілетін құрметті атақ.*

**АКАЙРИЯ** [грек. а – болымсыздық префиксі, kairos – норма, өлшем]. зат. мед. *Бір сұрақты қайта-қайта қоя беретін, бір өтінішін тынымсыз қайталай беретін ауру*.

**АКАЛЬКУЛИЯ** [грек. а – болымсыздық префиксі, лат. calculatio – есеп, есептеу]. псих о л. *Қарапайым арифметикалық амалдарды орындауға қабілетсіздік .*

**АКАНТОЦЕФАЛЕЗДЕР** зат. мед. *Тікенбас құрттар тудыратын гельминтоз аурулары.*

**АКАРАПИДОЗ** зат. мед. *Бал арасының кеңірдегін мекендейтін кенелер тудыратын ауру.*

**АКАРИЦИДТЕР** [грек. akari– кене, лат. caedere – өлтіру] зат. фарм. *Кенежойғыш дәрілер.*

**АКАРОЗ** [грек. akari] зат. мед. *Қоздырғышы дөңгелек денелі, бесбуынды, сегізаяқты, бас жағында таға тәрізді тұмсығы бар өте ұсақ кенелер тудыратын қышыма қотыр.*

**АКАРОЛОГИЯ** [грек. akari – кене, logos –ілім] зат. зоол. *Зоология ғылымының кенелерді зерттейтін саласы.*

**АКАРТИЯ** зат. зоол. *Омыртқасыз жануарлардың шаян тәрізділер табына жататын шаяншықтар.*

**АКАРЦИД** зат. хим. *Зиянды кенелерді пайдаланатын химиялық зат.*

**АКАЦИЯ** [лат. acacia] зат. өс. ***Аққараған*** *(хош иісті ақ гүлі бар ағаш, бұта түріндегі өсімдік).*

**АКБАР** [ар. أكبر] сын. діни. *Ұлы, ең зор мәртебелі деген Алланың теңеуі, 99 көркем есімсипаттарының бірі.*

**АКВААЭРОБИКА** [лат. aqua – су, ағыл. aerobics] зат. спорт. *Суда орындалатын аэробика түрі.*

**АКВАБАЙК** [ағыл. aquabike] зат. спорт. *Сумоторлы спортының гидроциклдер жарысымен байланысты бірнеше техникалық пәндердің жалпы аты.*

**АКВАКЕШЕН** зат. **1**. георг. *Құрлықта ландшафты бөлген тәрізді мұхитты бөліктерге бөлудің табиғи өлшем бірлігі.* **2**. хим. *Су молекулаларының қатысуымен түзілетін химиялық қосылыстар.*

**АКВАЛАНГ** [лат. aqua – су, ағыл. lung – жеңіл] зат. *Су астында жүзетін адамдардың тыныс алуы үшін арнайы істелген, ішіне сығылған ауа толтырылған аппарат.*

**АКВАМАРИН** [лат. aqua marina] зат. мин. *Силикаттар класындағы минерал-берилдің бір түрі; мөлдір кристалдары көгілдір түсті болып келетін, зергерлік істе қолданылатын асыл тас; зүбәржат.*

**АКВАМЕТРИЯ** [лат. aqua – су, metreo – өлшеймін] зат. *Әртүрлі зат құрамындағы судың мөлшерін анықтайтын әдістер.*

**АКВАНАВТ** [лат. aqua – су, грек. nautes – теңізші] зат. *Су астында водолаз бара алмайтын тереңдікте ерекше жабдықпен жұмыс істейтін маман.*

**АКВАПАРК** [ағыл. aqua – су, park – парк] зат. *Бассейндері, су аттракциондары бар көңіл көтеру мекемесі.*

**АКВАПЛАН** зат. спорт. *Шапшаңдығы сағатына 15 шақырымнан аспайтын қайықтарға тіркелетін сумен жүзуге арналған шағын сал.*

**АКВАРЕЛАКС** зат. спорт. *Дұрыс тыныстау практикасы мен түрлі қимылдарды үйлестіруге негізделген сухауыздарындағы жаттығулар.*

**АКВАРЕЛЬ** [франц. aquarelle] зат. **1**. *Суға тез езіліп және тез шайылатын өсімдік желімі қосылып жасалған бояу.* **2**. *Акварель бояумен салынған сурет.*

**АКВАРИУМ** [лат. aquarium] зат. *Балық, су жануарлары мен өсімдіктерін өсіруге арналған, ішін суға толтырған шыны ыдыс немесе жасанды су айдыны.*

**Аквариум балықтары**. *Үйдегі, хайуанаттар паркі мен ғылыми мекемелердегі арнайы ыдыста – аквариумда өсірілетін балықтар тобы.*

**АКВАРИУМШЫ** зат. сөйл. *Аквариуммен шұғылданушы.*

**АКВАТИКА** зат. тамақ. *Күнге кептірген кезде қара түске енетін, сырты жылтыр, ұзынша жабайы күріш.*

**АКВАТИНТА** [итал. acquatinta] зат. өнер. *Ойық гравюраның бір түрі.*

**АКВАТЛОН** зат. спорт. *Суасты күресі.*

**АКВАТОРИЯ** зат. *Теңіз бетіндегі белгіленген шекарасы бар телім немесе теңіз портының – гаванның су айдыны.*

**АКВЕДУК** [лат. aquaeductus] зат. балықшар. ***Науақөпір***.

**АКВИЗИТОР** [лат. acquisitor] зат. экон. *Сақтандыру объектілерін тарту міндеті жүктелетін көлік немесе сақтандыру кәсіпорындарының қызметкері немесе агенті.*

**АКВИЗИЦИЯ** [лат.acquisitio] зат. қаржы. *Сақтандыру компаниясының сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметі.*

**АКИНАК** [грек. akinakes] зат. көне. *Қысқа семсер; қоян-қолтық ұрыста жауды шаншуға арналған қару.*

**АКИНЕЗИЯ** [грек. akinesia] зат. мед. *Қимылсыздық, еркін қимылдар жасау мүмкіндігінің жоқтығы*

**АККАУНТ** зат. инф. *Тіркеме жазба, тұтынушының қандайда бір компьютерлік жүйеге өзі туралы хабарлаған мәліметтерінен тұратын жазба.*

**АККОЛАДА** [франц. accolade] зат. муз. *Орган, фортепьяно пьесаларында бірнеше ноталарды біріктіретін түзу немесе ирек жақша.*

**АККЛАМАЦИЯ** [лат. acclamatio] з а т. к і т. *Халықаралық ұйымдар мен конференцияларда қолданылатын қол шапалақтау, қолдау білдіру арқылы дауысқа салмастан шешім қабылдау тәсілі.*

**АККЛИМАТИЗАЦИЯ** з а т. в е т. *Мал ағзасын жаңа климаттық жағдайға көндіктіру*

**АККОМОДАТТАНУ** [лат. accomodatio] з а т. б и о л. *Ағзаның немесе қандай да бір биологиялық тіндердің сыртқы қоздырғыштарға бейімделуі.*

**АККОМОДАЦИЯ** [лат. accomodatio] з а т. **1**. б и о л. ***Аккомодаттану***. **2**. л и н г в. *Бір дыбыстың екінші дыбысқа игеріле өзгеруіндегі бейімділік.*

**АККОМПАНЕМЕНТ** [франц. accompagnement] з а т. м у з. *Белгілі бір музыкалық аспаппен сүйемелдеу.*

**АККОМПАНИАТОР** [франц. accompagnateur] з а т. м у з. *Белгілі бір музыкалық аспаппен сүйемелдеуші.*

**АККОРД** [итал. accordo] з а т. м у з. *Түрлі жиілікте бірнеше музыкалық дыбыстардың бір мезгілде үндесуі, үйлесуі.*

**АККОРДЕОН** [франц. accordeon] з а т. м у з. *Екі қолмен басып ойнайтын фортепьянолық пернесі бар, баян тектес музыка аспабы.*

**АККОРДТЫҚ** с ы н. э к о н. *Келісімді шарт бойынша істелетін; кесімді.*

**Аккордтық жалақы**. *Фирмалар мен кәсіпорындарда қызметкерлер мен жұмысшыларға кесімді еңбекақы төлеудің бір түрі.*

**АККРЕДИТАЦИЯ** [лат. accredere] з а т. д и п л. **1**. *Халықаралық құқық саласында дипломатиялық өкілдік басшысының қызметке тағайындалуы мен кірісу процедурасы.* **2**. *Мекемелердің (оқу, ғылыми) мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін бекіту.*

**АККРЕДИТИВ** [нем. Akkreditiv] з а т. э к о н. *Ақша сақтаушыларға халық банкінен берілетін ақша құжаты.*

**АККРЕДИТТЕЛ=** е т. д и п л. *Басқа елдің үкіметі жанындағы дипломаттық өкілдің қызметке ресми кірісуі.*

**АККРЕДИТТЕЛУ** *Аккредиттел етістігінің қимыл атауы.*

**АККРЕДИТТЕУ** з а т. қ а р ж ы. *Уәкілетті органның бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарының және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдардың құқықтылығын тануы.*

**АККРЕЦИЯ** [лат. accretio ] з а т. с а я с и. қ ұ қ ы қ. *Мемлекет аумағының жаңадан пайда болған құрлық телімдері арқылы табиғи жолмен ұлғаюы.*

**АККУЗАТИВ** [лат. (casus) accusativus] з а т. л и н г в. *Табыс септігі.*

**АККУЛЬТУРАЦИЯ** [ағыл. acculturation] з а т. м ә д. *Белгілі бір халық мәдениетінің басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын өзара мәдени ықпалдасу үдерісі.*

**АККУМУЛЯТОР** [лат. accumulator] з а т. ф и з. *Электр я жылылық энергияларын бір жерге жинайтын аспап, энергия жинауға арналған құрылғы.*

**АККУМУЛЯТОРЛЫ** с ы н. *Аккумуляторы бар.*

**АККУМУЛЯТОРШЫ** з а т. *Аккумулятор тетігін игерген маман.*

**АККУМУЛЯТТАН=** е т. г е о л. *Геологиялық түзілістердің жер бетіне немесе су түбіне жиналуы.*

**АККУМУЛЯТТАНУ** [лат.accumulatio] з а т. г е о л. *Құрлық бетінде немесе су алабында, өзенде минералдық заттардың немесе органикалық қалдықтардың жиналуы.*

**АККУМУЛЯЦИЯ** [лат. accumulatio] з а т. г е о л. ***Аккумуляттану***.

**АККУМУЛЯЦИЯЛЫҚ** з а т. г е о г р. *Аккумуляттануға қатысты.*

**АКМЕИЗМ** [грек. akme] з а т. ә д е б. *XX ғасырда орыс әдебиетінде пайда болған модернистік бағыт.*

**АКПИНОЛ** з а т. б и о л. *Өсімдіктің өсуін реттейтін иіссіз, улылығы өте аз, ақ түсті қатты ұнтақ зат.*

**АКР** [ағыл. acre] з а т. *Англия мен Америкада 4047 шаршы метрге тең жер өлшеуі.*

**АКРАТОФОР** [гр. akratophoros] з а т. т а м а қ. *Еуропалық елдер мәдениетінде шарап жасауда пайдаланылатын сыйымдылығы 350-10000 литр болатын ыдыс.*

**АКРИЛ: акрил қышқылы**. х и м. *Түссіз, өткір иісті сұйық зат.*

**АКРИЛАТТАР** з а т. х и м. *Акрил қышқылының эфирлері немесе оның тұздары.*

**АКРИФЛАВИН** з а т. ф а р м. вет. *Әдетте балықшаруашылығында балықтарды көптеген жұқпалы аурудан емдеуге арналған суда жақсы еритін, қайнатқан кезде ыдырап бүлінбейтін, қызыл қоңыр түсті ұнтақ дәрі.*

**АКРИХИН** [лат. acris] з а т. м е д. *Безгек ауруын емдейтін түсі сарғыш, өте ащы ұнтақ.*

**АКРОБАТ** [грек. akrobates] з а т. с п о р т. *Цирк гимнастикасының шебері.*

**АКРОБАТИКА** з а т. **1**. *Күш жұмсай орындалатын дене шынықтыру жаттығуларының бір түрі.* **2**. *Цирк өнерінің жанры.* **3**. *Спорт түрі.*

**АКРОБАТИКАЛЫҚ** с ы н. *Акробатикаға тән.*

**АКРОБАТТЫҚ** с ы н. с ө й л. ***Акробатикалық***.

**АКРОӨЛЕҢ** з а т. ә д е б. *Әр жолдың басқы әріптерін жоғарыдан төмен оқығанда, белгілі бір сөз, кісі аты т.б. шығатындай етіп жазылған өлең.*

**АКРОКЕФАЛИЯ** [грек. akros – үшкір ұшты, kephale – бас] з а т. м е д. *Адам бассүйегінің мұнара тәріздес болып келетін аномальды пішіні.*

**АКРОЛЕИН** [лат. acer (acris) – ащы, oleum – май] з а т. х и м. *Синтетикалық жолмен алынатын органикалық байланыс түріне жататын түссіз, жағымсыз күшті иісі бар, көзден жас ағызатын сұйықтық.*

**АКРОМЕГАЛИЯ** [грек. akron – аяқ-қол, megas (megalu) – үлкен] **1**. з а т. м е д. *Гипофиз функциясының бұзылуы негізінде аяқ, қол және бет сүйектерінің әркелкі болып өсуі.* **2**. в е т. *Жас және ересек малдың басы мен аяқтарының, ішкі мүшелерінің қалыптан тыс дөрекі өсуі.*

**АКРОНИМ** з а т. л и н г в. *Сөздің немесе сөз тіркестерінің бастапқы әріптерінен құралған қысқарған сөз.*

**АКРОПОЛЬ** [грек. akropolis, akros – биік, polis – қала] з а т. с ә у л е т. *Ежелгі гректердің биік төбе басына салынатын бекінісі.*

**АКРОТЕМА** з а т. г е о л. *1992 жылы Стратиграфиялық кодекс бойынша қабылданған ең ірі стратиграфиялық бірлік.*

**АКРОТИЗМ** з а т. м е д. *Асфигмия, тамыр соғуының саусақпен анықталмауы.*

**АКРОФОНИЯ** [грек. akros – жоғары, phone – дыбыс] з а т. л и н г в. *Сурет арқылы берілген сөздің бастапқы фонемасының айтылуы.*

**АКСЕЛЕРАТОР** [лат. accelerare] з а т. **1**. э к о н. *Экономикада тұтыну шығындары көлемінің өзгеруіне байланысты туындаған күрделі жұмсалым көлемінің өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.* **2**. т е х. *Іштен жану қозғалтқышының цилиндріне келіп түсетін жанармай көлемін реттегіш.*

**АКСЕЛЕРАЦИЯ** [лат. acceleratio] з а т. **1**. б и о л. *Ағзаның белгілі бір даму сатысында ұрықтың бір бөлігінің тез жетілуі.* **2**. а н т р. *Соңғы 100-250 жыл ішіндегі балалар мен жасөспірімдер бойының өсуі мен физиологиялық дамуы жеделдігі.*

**АКСЕЛЕРОМЕТР** [лат. accelero – үдетемін, грек. metreo – өлшеймін] з а т. т е х. *Ұшатын аппараттың (ұшақ, зымыран), кеменің, автокөліктің және т.б. үдеу және баяулау шамасын көрсететін аспап.*

**АКСЕЛОМЕТРИЯ** з а т. с п о р т. *Қимыл кезінде шапшаңдықты өлшеуге арналған құрал.*

**АКСЕССУАР** [франц. accessoire] з а т. **1**. т е а т р. *Сахна жиһаздары: оқиға көрінісін бейнелейтін заттар.* **2**. а у ы с. *Басты бір нәрсенің қосымша, толықтыратын бөлшектері.*

**АКСЕЛЬБАНТ** [нем. Achselband] з а т. ә с к. *Шені жоғары әскери адамдардың парадтық киім нысанының бір бөлігі, металл ұштығы бар, иықтан асыра салатын бау.*

**АКСИОЛОГИЯ** [грек. axios – құндылық, logos – ілім] з а т. ф и л о с. *Құндылықтар жүйесі туралы ілім.*

**АКСИОМА** [грек. axioma] з а т. т е р. *Дәлелдеуді қажет етпейтін ғылыми айқын, даусыз ереже.*

**АКСИОМАЛЫҚ** с ы н. *Аксиомаға тән.*

**Аксиомалық әдіс**. ғ ы л. *Ғылыми теорияны аксиомалар деп аталатын негізгі тұжырымдар арқылы құру тәсілі.*

**АКСОН** [грек. axon] з а т. м е д. *Нейрит, жүйке импульстарын бір жасушаның денесінен және дендриттерден келесі нейрон мен ағзаларға өткізетін, ұзарған (1 м-ге дейін) цитоплазмалық өсінді.*

**АКСОСТИЛЬ** з а т. з о о л. *Көпталшықты қарапайым жәндіктердің бүкіл денесін бойлай өтетін тығыз, майысқақ арқау.*

**АКТ** [лат. actus] з а т. **1**. *Болған оқиға, болған әрекет.* **2**. *Мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар қаулы-қарар.* **3**. *Белгілі бір шындықты, оқиғаны растайтын құжат.* **4**. ө н е р. *Драмалық шығармалар немесе театр қойылымдарының аяқталған бір бөлігі; бөлім.*

**Акт жасады.** *Оқиғаны растайтын құжат дайындады.* **Акт залы**. *Оқу орындарында, ғылыми мекемелерде т.б. салтанатты мәжіліс өтетін орын.*

**АКТАНТ** з а т. л и н г в. **1**. *Етістік арқылы белгіленген процеске қатысы бар адамды немесе затты білдіретін сөйлемнің кез келген мүшесі.* **2.** *Мәтін теориясында әңгімеде баяндалатын адамның не заттың типтік қызметі.*

**АКТЕР** [франц. acteur] з а т. ө н е р. *Драмалық спектакльдер мен кинофильмдердегі рөлдерді кәсіби орындаушы.*

**АКТЕРЛІК** с ы н. *Актерге тән. // Актер болушылық.*

**АКТЕРДЕЙ** с ы н. *Актер сияқты.*

**Актерлік өнер**. *Орындаушылық өнердің бір түрі, сахналық тұлға жасау өнері.*

**АКТИВ**[1] [лат. activus] з а т. с о в е т. *Белгілі бір ұйымның, мекеменің белсенді мүшелерінің тобы, озат бөлігі.*

**Актив иммунитет**. м е д. *Екпе салғаннан кейін ағзада пайда болған белсенді иммунитет.* **Актив мүшелер**. л и н г в. *Тіл, ерін, артқы таңдай, кішкене тіл сияқты дыбыс жасауға қатысушы жылжымалы мүшелер.* **Актив сөздер**. л и н г в. *Сөйлеу барысында жиі қолданылатын түсінікті, саны жағынан шектелген сөздер.*

**АКТИВ**[2] [лат. activus] з а т. э к о н. **1**. *Құрамы мен орналасуына қарай кәсіпорынның*

*қаржысы топталатын бухгалтерлік баланстың екі жағының бірі.* 2. *Елдің шетелдерден алған ақшалай табыстарының (мысалы, тауарларды шетке шығарудың нәтижесі) шет жердегі шығыстарынан асып түсу жайы.* 3. *Жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкі мен ақшалай қаражатының жиынтығы.*

**Актив шоттар**. қаржы. *Қаражаттың құрамы мен орналасуын көрсететін бухгалтерлік есепшоттар.*

**АКТИВИЗМ** зат. экон. *Батыс елінің экономикалық әдебиеттерінде мемлекеттің экономикаға (негізінен ақша-қазынашылық салада) белсенді араласу саясаты.*

**АКТИВИСТ** зат. совет. *Қоғамдық-саяси ұйымдардың алдыңғы қатарлы белсенді мүшесі.*

**АКТИВТЕР** зат. қаржы. *Пайда табуға арналған жекеменшіктің ерекше түрі.*

**АКТИВТІ** сын. *Белсенді, қызметі күшті, іске қосылған.*

**Активті иммунитеттеу**. мед. *Белсенді иммунитеттеу.* **Активті кедергі**. физ. *Электр энергиясы энергияның басқа түрлеріне қайтымсыз болып түрленетін электр тогы тізбегінің кедергісін сипаттайтын шама.* **Активті көмір**. хим. *Адсорбтағыш қабілеті күшейтілген кеуек құрылымды көмір; активтелген көмір.* **Активті қатар**. хим. *Металдардың электролиттік ерітінділерінің электродтық потенциалының өсу реті бойынша орналасу тәртібі.* **Активті қуат**. физ. *Айнымалы ток қуатының бір период ішіндегі орташа мәні.* **Активті турбина**. физ. *Жұмыстық дененің потенциалдық энергиясының кинетикалық энергияға түрленуі айнымалы қалақшаларға жетпей-ақ, жылжымайтын сопло немесе бағыттауыш аппаратта жүзеге асатын турбина.*

**АКТИВТІК** зат. 1. *Белсенділік, ынталылық.* 2. хим. *Металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуіне қарай анықталатын қасиеті.*

**АКТИНИДИЯ** [лат. actinidia] зат. өс. *Киви сияқты жеміс беретін актинидий тұқымдас ағаш.*

**АКТИНИЙ** [грек. aktis (aktinos)] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы радиоактивті элемент.*

**АКТИНИЯ** [грек. aktis (aktinos)] зат. *Ішекқуыстылар отрядына жататын теңіз жануары.*

**АКТИНОГРАФ** [грек. aktinos – сәуле, grapho – жазамын] зат. биол. *Күннен шыққан энергияны тіркеп жазып алатын аспап.*

**АКТИНОИДТЕР** [грек. aktinos – сәуле, eidos – түр] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің VII қатарында, актинийден кейін орналасқан, рет нөмірі 90-нан 103-кедейінгі 14 элемент.*

**АКТИНОЛИТ** [грек. aktis – сәуле, lithos – тас.] зат. мин. *Силикаттар тобының амфиболдар тобына жататын минерал.*

**АКТИНОМЕТР** [грек. aktis – сәуле, metreo – өлшеймін] зат. *Күннен жерге түсетін сәуленің қуатын өлшейтін аспап.*

**АКТИНОМЕТРИЯ** [грек. aktinos – сәуле, metreo – өлшеймін] зат. *Атмосфера жағдайындағы күннің, жердің және атмосфераның радиациясын зерттейтін метеорологияның саласы.*

**АКТИНОМИКОЗ** [грек. aktinos – сәуле, mykes – саңырауқұлақ] зат. мед. *Актиномицеттер, сәулелі саңырауқұлақтар қоздыратын жұқпалы ауру.*

**АКТИНУЛА** зат. зоол. *Ішекқуыстыларға жататын кейбір қармалауыштары бар гидроидты полиптердің еркін жүзе алатын дернәсілі.*

**АКТРИСА** зат. *Актер әйел.*

**АКТУАЛИЗМ** [нем. Aktualismus] зат. геол. *Жаратылыстану ғылымдарындағы, соның ішінде геологиядағы қазіргі кездегі геологиялық үдерістер байырғы геологиялық кезеңдегілермен бірдей деген саятын үдерістердің уақыт жағынан тепе-теңдігі принципіне құрылған әдіснамалық тәсіл.*

**АКТУАРИЙ** [лат. actuarius] зат. қаржы. *Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті деңгейдегі төлем қабілеттілігі мен қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсаттарында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті атқаратын жеке тұлға.*

**АКТІЛЕ=** ет. терм. *Акт жасау.*

**АКТІЛІ** сын. өнер. *Актілері бар, актілерден тұратын.*

**АКТІЛЕУ** *Актіле етістігінің қимыл атауы.*

**АКУЛА** [еж. норв. hakall] зат. зоол. <лат. selachioidei> *Мақтажелбезектілер табы тармағына жататын, теңіздер мен мұхиттарда өмір сүретін ірі жыртқыш балық.*

**АКУПУНКТУРА** [лат. acus – ине, punctura – шаншу, салу] зат. мед. *Ине шаншу емі.*

**АКУПУНКТУРАЛЫҚ** сын. мед. *Акупунктураға (инемен емдеу терапиясына) тән.*

**АКУСТИКА** [лат. akuostikos] зат. 1. физ. *Дыбыстың, үннің шығу, пайда болу табиғатын зерттейтін физиканың бөлімі.* 2. *Кез келген үймереттің немесе ғимараттың сәулеттік ерекшелігімен байланысты дыбыс жаңғырту қасиеті.*

**АКУСТИКАЛЫҚ** сын. *Акустикаға қатысты.*

**Акустикалық жүйе**. тех. *Әртүрлі радиоаппаратуралармен (электрофон, магнитофон) қосыла дыбыстық (музыкалық) бағдарламаларды сапалы етіп қайталауға арналған жүйе.* **Акустикалық компенсатор.** тех. *Әртүрлі екі жолмен оң және сол құлаққа жететін дыбыс толқындары жүрісінің айырмасын өлшейтін құрылғы.* **Акустикалық фонетика**. лингв. *Тіл дыбыстарының естілімінің тілдік қызметін, ерекшеліктерін зерттейтін сөйлеу фонетикасының бір саласы.*

**АКУСТОЭЛЕКТРОНИКА** зат. физ. *Электрмагниттік өрістермен және конденсацияланған орталардағы өткізгіштік электрондар мен акустикалық толқындардың өзара әрекеттесуін зерттеуге байланысты дамыған электроника саласы.*

**АКУТ** [лат. acutus]. зат. лингв. **1.** *Музыкалы екпіні бар тілдерде дауысты дыбыстың немесе дифтонгтың бастапқы төмен тоннан, аяғына дейін биіктетіліп айтылу процессі.* **2.** *Екпіннің бұл түрін белгілейтін диакритикалық белгі.*

**АКУШЕР** [франц. accoucheur] зат. сөйл. *Босанатын әйелге жәрдем көрсететін маман, дәрігер.*

**АКУШЕРКА** ор. зат. *Акушер әйел.*

**АКУШЕРЛІК** зат. мед. 1. *Бала көтеру, ана болумен байланысты кезеңдегі әйелдің денсаулығы мен нәрестенің денсаулығын зерттейтін медицинаның бір саласы.* 2. *Акушер міндетін атқарушылық.*

**АКЦЕНТ** [лат. accentus] зат. лингв. 1. *Екі немесе көп буынды сөзде бір буынның ерекше күшпен не үнмен айтылуы; екпін.* 2. *Басқа тілде сөйлегенде болатын дыбыс, үн ерекшелігі.* 3. муз. *Музыкалық шығарманың жеке дыбыстарына, аккордына ерекше екпін, күш беріп даралап ойнау.*

**АКЦЕНТОЛОГИЯ** [лат. accentus – екпін, грек. logos – ілім] зат. лингв. *Белгілі бір топтағы тілдердің екпін жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**АКЦЕНТСІЗ** сын. *Басқа тілде сөйлегенін білдіретін дыбыс ерекшелігінсіз.*

**АКЦЕНТТІ** сын. лингв. *Екпін түскен, екпінмен ерекшеленген. Акцентті буын.*

**АКЦЕНТТІК** сын. лингв. *Екпіндік, екпін тән болған.*

**АКЦЕНТТІ-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Екпінге және мағына ажыратушы тіл дыбыстарына қатысты.*

**АКЦЕНТУАЦИЯ** [лат. accentuare] зат. лингв. 1. *Сөз немесе сөйлемшеден екпіннің көмегімен сөздегі немесе фразадағы бір элементтің ерекшеленуі.* 2. *Екпін белгісі.* 3. *Туыстас тілдер тобындағы немесе жекелеген тілдегі екпін жүйесі.*

**АКЦЕНТУАЦИЯЛЫҚ** сын. *Дауыс екпініне, акцентуацияға тән.*

**Акцентуациялық кешен**. лингв. *Фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпінімен ерекшеленген сөз бөлігі.*

**АКЦЕПТ** [лат. acceptum] зат. экон. 1. *Басқа бір ұйым, мекеме ұсынысына сәйкес шарт жасауға келісім.* 2. *Аударма вексель бойынша төлеушінің көрсетілген мезгілде вексельді төлеу міндеттемесінің қабылдануы.* 3. *Аударма вексельде көрсетілген соманы төлеуге кепілдік беруге банктің келісімі.* 4. қаржы. *Көптеген елдерде шаруашылық ұйымдар арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарының бірі.*

**АКЦЕПТАНТ** [лат. acceptans] зат. экон. *Вексельге қол қоюшы және сол арқылы мерзімі жеткен кезде вексель бойынша төлемді төлеу міндеттемесін өзіне алушы адам.*

**АКЦЕПТЕЛГЕН: акцептелген вексель.** экон. *Төлемшінің төлеуге акцептісі (келісімі) бар вексель.*

**АКЦЕПТЕУ** зат. экон. *Бағалы қағаздарды таратуға кепілдік беру, делдалдық фирмалардың акцияларды сатып алу-сату кезіндегі атқарымдарының бірі.*

**АКЦЕПТІСІЗ** сын. экон. *Акцептісі жоқ.*

**Акцептісіз төлемдер**. экон. *Төлемшілердің шарттарынан есеп айырысу құжаттарын олардың келісіміне (акцептісіне) қарамастан төлеу.*

**АКЦЕПТОР** [лат. acceptor] зат. физ. *Шалаөткізгіш ішінде валенттік аймақтан электронды тартып алуға қабілетті қоспалы атом. Акцептордың иондану энергиясы.*

**АКЦЕПТІЛІК** сын. экон. *Акцептіге тән, акцептіге қатысты.*

**Акцептілік банк**. қаржы. *Траттаның (вексельдің) қамтамасыз етілуі кепілдігімен сыртқы сауданы несиелендіретін банк.* **Акцептілік вексель**. экон. <ағыл.acceptance bill> *Төлем иесінің төлеуге деген келісімі (акцепті) бар вексель.* **Акцептілік несие**. экон. *Экспорттық немесе импорттық банкке ұсынған өз вексельдерін осы банкке беру арқылы алатын банк несиесі.*

**АКЦЕССОРИЯЛАР** [лат. accessorius] зат. геол. *Тау жыныстары құрамында өте аз тараған минералдар.*

**АКЦИЗ** [франц. accise] зат.экон. *Кейбір көпшілік тұтынатын тауарларға, көрсетілген қызмет түріне салынатын қосалқы салық.*

**АКЦИОНЕР** [франц. actionnaire] зат. экон. *Белгілі бір акционерлік қоғамның (фирма, кәсіпорын) акцияларын иеленуші және мүшесі.*

**АКЦИОНЕРЛІК** сын. *Акциялармен байланысты.*

**Акционерлік банк**. экон. *Акционерлік қоғам түрінде құрылған банк.* **Акционерлік капитал**. экон. *Акционерлік қоғамның негізгі капиталы.* **Акционерлік қоғам**. экон.

*Азаматтық заң бойынша өзінің қызметін жүзеге асыру үшін акциялар шығаратын ұйым.* **Акционерлік меншік**. экон. *Ұжымдық меншіктің рыноктік экономикада негұрлым кең тараған түрлерінің бірі.*

**АКЦИЯ**[1] [франц. action] зат. экон. *Акционерлік қоғам қаржысына белгілі бір үлес қосқанын және соның табысына ортақ екендігін куәландыратын бағалы қағаз.*

**АКЦИЯ**[2] [лат. actio] зат. ресми. *Белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекет, шара.*

**АҚ**[1] сын. **1**. *Қардың, сүттің түсіндей аппақ түс.* **2.** ауыс. *Адал, кінәсыз, жазықсыз. // Шаш, сақал-мұрттың бозаң тартқан талшықтары. // Жұмыртқаның сарысын қоршап тұрған уызы. // Көздің қарашығын қоршап тұрған бөлігі. // Көзге түскен шел. // Ақырет кебін. // Айран-сүт. // Патша үкіметін жақтаушы әскер. // Дойбының тасы, шахматтың фигурасы.*

**Ағы ақ, қызылы қызыл**. *Рең-беті, өңі ажарлы, шырайлы.* **Ағынан жарылды.** а) *Шынын айтты, сыр жасырмады.* ә) *Шын пейілін білдірді.* **Ағын қарайтты**. *Оң ісіңді теріс етті, жамандық істеді.* **Ақ адыр**. *Төбесінде ақшыл қатты тау жыныстары бар оқшаулау көрінетін дөңес, шоқылар тізбегі.* **Ақ айыл**. а) *Көп мініліп, ер-тоқымның табы кетпеген мінгі көлік.* ә) сөйл. *Бетпақ, көк езу, азулы.* **Ақ ала**. *Ағы басым аралас түс.* **Ақ алабота**. өс. *Сабағының биіктігі 10-300см, тік өсетін бұтақты өсімдік.* **Ақ алмас**. а) *Жүзі мұқалмайтын, суарылған өткір қылыш.* ә) бейне. *Өжет, өткір, қайратты.* **Ақ алтын**. газети. *Мақта туралы.* **Ақ алып шығу**. этн. көне. *Көшіп келе жатқан ауылға сабадағы қымыз, дастарқандағы ет т.б. астан дәм татқызу рәсімі.* **Ақ арақ**. сөйл. ***Арақ***. **Ақ арулап қойды [ақ жауып арулады]**. *Қадір-қастерлеп өлік жөнелтудің барлық кәдесімен жерледі.* **Ақ астық**. жерг. ***Ақ егін***. **Ақ ауыз болды [етті, қылды]**. а) *Қолдағысынан айырылып қалды, бұйырмады, құрқол қалды.* ә) *Алдап, отырғызып кетті.* **Ақ ауыз қой**. малшар. *Жасамалы, семіз шар қой.* **Ақ аю**. зоол. <лат. ursus maritimus> *Солтүстік мұзды мұхитында мекендейтін, сүтқоректілер тобына жататын, ақ түсті жыртқыш аң.* **Ақ аяз**. *Жылы ауамен бумен араласқан, аппақ, будақ-будақ аяз.* **Ақ байлау**. этн. *Ескі наным бойынша киелі орын деп саналатын жерге (айдалада өскен дарақ, бұлақ, бастау басында өскен тал, терек, ақ тікен т.б.) матаның жыртындысын байлау ырымы.* **Ақ бақай**. *Малдың (жылқының) бақайындағы түс белгі.* **Ақ балта**. этн. а) *Ақ түсті болаттан жасалған, сабына күміс жалатқан айбалтаның түрі; ұрыс, соғыс қаруы.* ә) *Өткір, ағашты мүсіндейтін балта түрі.* **Ақ балтыр**. поэт. а) *Толық, сымбатты, күн шалмаған түзу балтыр.* ә) *Әдемі, түзу өскен қайың, терек т.б. туралы.* **Ақ банды**. тар. *Кеңес өкіметіне қарсы күрескен қарулы топ.* **Ақ бас**. а) *Бас түгі, жүні ақ малдың, аңның, өсімдіктің түрі, тұқымы.* ә) *Сақал-шашына ақ кірген, қартайған.* б) *Жасы келген, қартайған.* **Ақ бас атан**. *Ақ бас үлкен түйе.* **Ақ бас бура.** поэт. *Бас түгі, жүні ақшыл бура.* **Ақ басқұр**. жерг. *Үлкен басқұр.* **Ақ бата**. этн. а) *Оң бата, оң тілек.* ә) көне. *Құдалық салтқа сәйкес келісім нәтижесіндегі уәделі байлам.* **Ақ баталы**. этн. *Бата жасалып, некесі қиылған; некелі.* **Ақ баталы жар**. этн. *Бәтуаласып, айттырып қойған немесе алған қосағы, некелескен, баталасқан адамы.* **Ақ батаны аттады**. *Ата-ананың, ел-жұрттың тілеуін орындамады, опасыздық жасады, салтты бұзды.* **Ақ бауыр**. *Аңның, құстың көкірек тұсының ақ түсті болуы.* **Ақ бауыр құрық**. *Қол табы түскен, әбден ұсталған құрық.* **Ақ бауырсақ**. этн. а) *Күймей піскен бауырсақ.* ә) тамақ. *Ең жоғары сапалы ақ ұннан май құйып илеп, қойдың құйрық майына қуырылатын бауырсақ.* **Ақ безер де көк безер [болды]**. *Ант-су ішті, ат-тонын ала қашты.* **Ақ белбеу**. этн. *Қаралы үйдің адамдары беліне байлайтын орамал.* **Ақ берен**. этн. көне. а) *Асыл, берік болаттан соғылған ұзын ұңғылы пистонмен атылатын мылтық.* ә) *Берік металл шығыршықтардан жасалған батырлар киетін сауыт.* б) *Мықты, берік, асыл болаттан жасалған қылыш, семсер.* **Ақ бесік**. экспр. поэт. а) *Бесікті қадірлеу, қастерлеу, қасиет тұту мағынасында айтылатын сөз.* ә) *Туған жер, кіндік қаны тамған жер.* **Ақ бет**. поэт. а) *Сұлу, ақша жүз, ақ құба өң.* ә) *Пәк, таза көңіл.* **Ақ боз**. *Ақшыл қылаң түс.* **Ақ боз ат**. *Түгінің ағы басым жылқы.* **Ақ боз үй**. а) *Жамылғысы ақ киізден жасалған салтанатты, сәнді киіз үй.* ә) этн. *Жаңа некелескен қыз бен жігіттің отауы, ақ отау.* **Ақ болат**. көне. экспр. *Берік, асыл болаттан жасалған қылыш.* **Ақ болды [жүрді]**. *Таза жүрді, жамандық істемеді.* **Ақ болып кетті**. *Мал мезгілсіз суалды.* **Ақ боран**. *Алай-түлей, түтеген боран.* **Ақ боранды**. *Қарлы, аязды, суық.* **Ақ борық**. поэт. ***Борық*** *(сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік).* **Ақ борықтай**. *Борық тәрізді, аппақ.* **Ақ босаға**. *Ынтымақты, ақ пейілді отбасы.* **Ақ бота**. экспр. а) *Түйенің жасқа толмаған әдемі, сүйкімді төлі.* ә) *Сүйікті баласы, туған ұл-қызы.* **Ақ бөпе**. экспр. *Сәбиді, нәрестені жақсы көру, еркелету, әлдилеп ұйықтату кезінде айтылатын сөз.* **Ақ бөрте**. а) *Ағы басым көкшіл түс.* ә) *Толық, бетінің шырайы қайтпаған.* **Ақ бура толқын.** поэт. *Көбік шашқан өркеш-өркеш толқын.* **Ақ бурыл**. *Ағы басым, бурыл.* **Ақ бұғақ**. поэт. *Сұлу қыздың иегінің асты деген мағынада.* **Ақ бұйра**. *Ақ түсті бұйра (шаш, жүн).* **Ақ бұлақ**. а) *Ағысы қатты мөлдір бұлақ.* ә) бейне. *Емшек сүті.* **Ақ бұлт**. сөйл. ***Ақша бұлт***. **Ақ білек**. поэт. *Жұмыр, сымбатты, күн шалмаған білек.* ә) *Қара жұмыстан қашатын мырза шора.* **Ақ білекте тербелді.** *Аялы ананың тәрбиесінде болды, мәпеленді.* **Ақ білекті.** *Ақша, аққұба (қыз).* **Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы**. *Қарулы күш, қара күш.* **Ақ гвардияшы**. тар. *Кеңес үкіметіне қарсы күрескен қарулы топқа қатысқан контрреволюционер.* **Ақ дастарқан**. а) *Тағам, ас қоятын кіршіксіз таза жайма.* ә) *Таза көңілмен берілген дәм-тұз.* **Ақ дән**. *Дақыл, астық.* **Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс.** *Дегені болып, әмірі жүрді деген мағынада.* **Ақ дидар**. экспр. *Сұлу келбет, аққұба жүз.* **Ақ домбыра**. *Ескі, киелі, қасиетті домбыра.* **Ақ жібек**. экспр. *Сапалы жібек.* **Ақ жілік болған**. *Енесі сауылмай, құлын күнінен өзі емін-еркін еміп өскен жылқы.* **Ақ жіп**. этн. *Малды бауыздар алдында қолданылатын ақтық жіп.* **Ақ зер**. *Күміс зер, күмісті оқа.* **Ақ егін [егіс]**. *Бидай, арпа сияқты негізгі дәнді дақылдар егісі.* **Ақ еділ**. жерг. ***Ақ көңіл***. **Ақ ерке**. поэт. *Қылықты, пәк сезімді сұлу.* **Ақ етек**. *Күнәсіз, адал, таза.* **Ақ етіне ащы таяқ тиді**. *Жазықсыз таяқ жеді, нақақ күйді.* **Ақ жағал**. а) *Ақ жолақ аралас.* ә) *Қажалып ағарған.* **Ақ жайма.** *Төсек-орынға жаю үшін енді бөзден ұзынша етіп тігілген жұқа төсеніш.* **Ақ жалау**. *Соғысушы екі жақтың бірі қарсыласымен келіссөзге шыққандықтың белгісі ретінде көтеретін ту.* **Ақ жал толқын**. *Екпіні қатты ақ көбікті толқын.* **Ақ жалын**. *Түтінсіз, қызуы қатты лаулаған от.* **Ақ жалын бүрікті**. поэт. *Аяз қарыды.* **Ақ жамбы**. *Таза күміс құймасы.* **Ақ жамбыдай**. бейн. *Жамбы тәрізді, күмістей жарқыраған.* **Ақ жамылды**. *Қар басты, түсті.* **Ақ жан**. *Кіршіксіз таза, адал көңіл.* **Ақ жапа.** *Күн жеп, әбден кепкен тезек.* **Ақ жарылды.** *Шынын айтты, сыр жасырмады.* **Ақ жарылқап күн туды**. *Жақсылық болды, молшылық орнады.* **Ақ жаулық**. бейне. *Әйел, қосақ, жұбай.* **Ақ жаулықты ана [әже]**. *Сыйлы, қадірлі апа-аналар, әжелер.* **Ақ жауып арулап қою [көму]**. этн. *Қайтыс болған адамның мәйітін жуып, тазалап ақ кебінге орап жерлеу.* **Ақ жәмші.** *Қымбат бағалы маталармен оюлап істелген төсекжапқыш.* **Ақ желек.** *Ақ торғын орамал.* **Ақ желкен**. а) *Теңізге шығатын жел қайық* ә) поэт. *Таза, кіршіксіз.* **Ақ желімсабақ**. өс. <лат. melandrium album> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екіжылдық шөптесін өсімдік; желімсабақтың түрі.* **Ақ жерден қара болды.** *Босқа күйді, жазықсыз жапа шекті.* **Ақ жолға салды**. *Дұрыс жолға салды, бағыт берді.* **Ақ жол тіледі**. *Оң сапар болсын айтты.* **Ақ жорға**. этн. *Алтай, Сауыр, Жетісудың таулы аймақтарында қыс кезінде түрлі амалдар кезінде күшейетін қысқы аязда жоннан ойға қарай соғатын қарлы бұрқасын, боранның атауы.* **Ақ жуып, арулап жерледі [қойды].** *Таза жуып, құрметпен жерледі.* **Ақ жұлық болды**. *Желінді, тозды.* **Ақ жүрек.** *Адал ниет, ақ пейіл.* **Ақ жүз [дидар]**. поэт. ***Ақ бет***. **Ақ жүзді**. а) *Әдемі, келбетті.* ә) *Жүзі жарқын, мерейі үстем.* **Ақ жүзін [дидарын] шаң шалды**. *Көңілін мұң басты, мұңайды.* **Ақ жүрек**. *Адал ниет, ақ пейіл.* **Ақ жүрек адалдық**. *Тазалық, пәктік, адалдық.* **Ақ етек ишан болды.** а) *Адалниет кісі, арамдығы жоқ жан болды.* ә) мысқыл. *Адал көрінетін кісі болды, сүттен ақ, судан таза бола қалды.* **Ақ кебін.** поэт. *Қыстыгүнгі жер бетін басқан аппақ қар.* **Ақ кебінге оранды [орады]**. а) поэт. *Өлді, о дүниеге кетті.* ә) *Ақ қар басты, қар жамылды.* **Ақ келбет**. *Аққұба, сұлу жүз.* **Ақ кемік болды.** *Бабына келіп семірді.* **Ақ кемік бота**. *Көп жегіліп-мінілген інгеннің шілде-тамыз айында туылған ботасы.* **Ақ керіш**. *Ақ балшық, әктастардан қатқан керіш.* **Ақ кеуім**. *Таза, адал.* **Ақ киіз**. *Қойдың ақ (ашық) жүнінен басылған киіз.* **Ақ киізге көтерді [салды].** тар. этн. *Халық болып сайлаған ханды боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге орап, ұлықтады, той қылды, хан сайлау рәсімін жасады.* **Ақ көбейсін**. тілек. *Мал төлді болсын деген мағынада.* **Ақ көбігін ағызды**. *Қара терге батырды, әбден терлетті.* **Ақ көбігі шықты**. *Терледі, қара терге түсті.* **Ақ көбік**. а) *Жан-жануарлардың аузынан көпіршіп ағатын сілекей.* ә) *Ұзақ шабыстан кейін көліктен шығатын тұзды тер.* б) *Өзен, көл, теңіз суларының толқып, тасу кезінде пайда болатын көпіршік.* **Ақ көзді.** *Түк білмейтін, бейхабар, надан.* **Ақ көйлек**. жерг. *Ақ көңіл, аңқылдақ.* **Ақ көкірек.** *Ақпейіл, аққөңіл, ашық, мейірімді, адал ниетті.* **Ақ көмді**. *Арулап, жөн-жоралғысымен жерледі.* **Ақ көрпе**. поэт. *Жерді түгел жапқан қар; қыс кейпі.* **Ақ күн тусын**! бата. *Жолың болсын, бағың ашылсын.* **Ақ кірді [енді, шалды, түсті]**. *Шаш, сақал-мұрт ағара бастады.* **Ақ кіреуке**. этн. көне. а) *Кеудесінде, арқасында, білек үстінде қорғаныс үшін жасалған ақ шарайналары бар, соғысқа киетін оқ өтпес сауыттың түрі.* ә) *Жүйрік атқа жамылғы тігетін ақ жібек мата.* **Ақ кіріш.** *Ақ балшық, әк.* **Ақ қағаз**. а) полигр. *Тегіс, ақ түсті, баспа бояуы жақсы жұғатын, жазу-сызуға арналған қағаз түрі.* ә) *Қағаздың жазылмаған таза беті.* б) поэт. *Жерге түскен қар.* **Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылды.** бейн. *Ойын қағазға түсірумен, жазба шығармашылықпен, ой еңбегімен айналысты.* **Ақ қағаз жайылды.** поэт. *Ақ қар түсті, аппақ жамылғы жамылды.* **Ақ қайық**. поэт. *Желкенді қайық.* **Ақ қайың.** поэт. *Өркендері бұралып өскен, діңі*

*тіп-тік, қабығы аппақ, жапырақтары ұсақ жүрекше сияқты, сұлулық символы ретінде жырларға қосылған әдемі ағаш.* **Ақ қалмақ [құба қалмақ].** *Ақсүйек, хан тұқымынан (Шыңғысхан) хан сайланатын қалмақтар.* **Ақ қалпақ.** этн. *Қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында кең тараған, ақ киізден сәндеп тігілген баскиім.* **Ақ қанат.** экспр. *Ақ түсті аққу-қаз.* **Ақ қанатты періште.** поэт. *Кіршіксіз, таза, пәк қыз, ару.* **Аққан жылдар.** *Зуылдап өткен өмір.* **Ақ қаптал.** а) *Көп мініс көрген көлік.* ә) ауыс. *Әккі, жырынды, тісқаққан адам.* **Ақ қар.** поэт. *Жаңа жауған, тап-таза қар.* **Ақ қар, көк мұзда [қызыл аязда].** бейн. *Ақ қар, сары шұнақ аязда, қақаған қыста.* **Ақ қарқара.** а) зоол. *Аққұтан. Сәнді, ұзын ақ қауырысынды, ләйлек тәрізділер отрядына жататын құс.* ә) этн. *Әйелдің баскиімі.* **Ақ қас.** *тілек.* *Тұшкіргенде жақсылық болсын деген ұғымда айтылады.* **Ақ қас, мұңсыз бол.** тілек. *Ақ қасты болып қартайғанша жамандық көрме, қайғысыз бол деген мағынада айтылады.* **Аққа зауал жоқ.** *Әділ іске қиянат жүрмейді деген мағынада.* **Аққа күйе жақты [жала жапты].** *Кінәсіз адамға жала жапты, қаралады.* **Аққа қара басқандай.** *Айқын, анық, бадырайған.* **Аққа Құдай жақ.** *Кім ақ, адал, әділ болса, оның ісі әрқашан да оңға басады деген мағынада.* **Аққа құлпы жасыл-ды.** бейн. *Көп ішінен ерекше болып көріну.* **Аққа тартты.** *Әділеттілікті жақтады.* **Аққа тойғызды.** *Малын көбейтті, ырыс-несібесін арттырды, берекелі болды.* **Аққа тою.** *Сүт өнімдерінің (айран, қаймақ, қымыз т.б.) мол болуы.* **Ақ, қараны таныды [айырды].** а) *Ақиқатты білді, шындықты ажыратты.* ә) *Оң-солын таныды, жақсы-жаманды айырды.* **Ақ қойдың қаны мен ақ батаның заңын бұзбау.** этн. *Ақ қой шалып, баталасқан, уағдаласқан сөзде тұру.* **Ақ құба.** *Өңі ақ сұр.* **Ақ құбаша.** *Ақшыл, ақ құба.* **Ақ құйды.** этн. *Үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ (сүт, айран) құйып шығару дәстүрі; ескі ырым.* **Ақ құйрық субұркіт.** зоол. *Құйрықтары ақ түсті субүркіттің түрі.* **Ақ құйрық шай.** *Цейлондық қара шай.* **Ақ құс.** поэт. *Бақ құсы, дәулет құсы.* **Ақ құшақ.** *Шын пейіл, сүйіспеншілік.* **Ақ құю.** этн. *Үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ (сүт, айран) құйып шығару ырымы.* **Ақ құю [шашу]** этн. *Байқаусызда төгіп алған ағартайда аққа саусағын батырып, оны маңдайына жағып, соңынан аяққа басылмас үшін жақсылап тазалау ырымы арқылы орындадатын, ақты төгіп алудан, шашудан сақтандыру мәніндегі қазақтың мифологиялық наным-сеніммен астасып жатқан ғұрыптың атауы.* **Ақ қылшықтанды.** *Жараның орны жазылып, түк шықты.* **Ақ қымыз.** *Әлі ашуы келмеген саумал қымыз.* **Ақ қырау.** а) *Тоңазыған дымқыл ауаның жерге, ағашқа, шөпке т.б. қар тәрізді болып ағарып қонған күйі.* ә) *Аязды күн, салқын түскен кез.* б) *Көңілге түскен салқындық.* в) *Қартайған адамның сақалы мен шашына, самайына түскен ақ.* **Ақ май.** *Жас малдың сойылған етіндегі майы.* **Ақ мақтадай.** поэт. *Кіршіксіз аппақ, таза.* **Ақ мал.** а) *Еңбекпен тапқан, адал малы (дүниесі).* ә) *Қыс түскенде де тұяғымен қар астындағы шөпті қазып, жайыла беретін жылқы малы.* **Ақ малта.** а) *Құрттың ең соңғы езілгеннен кейінгі қалған түйіршіктері.* ә) *Ағынды су шайып тегістелген ұсақ тас.* **Ақ малтасын езді.** *Бет алды аузына келгенін сөйледі, мылжыңдады, лағып кетті.* **Ақ мамасын емді.** *Баласы болды, бауырында өсті, тәрбиесін көрді, қарыздар деген мағынада.* **Ақ мамық.** *Құстың жүнінен жасалған төсек.* **Ақ маңдай.** поэт. *Қыз-келіншек, әйел атаулы.* **Ақ маңдайлы.** *Жазық, кең маңдайы бар.* **Ақ маңдайлы ару.** *Сұлу, көрікті, ақ құба қыз.* **Ақ маржанын көкке атты.** *Өзен-теңіз суы толқыды, толқын атты.* **Ақ махаббат.** *Адал, пәк сезім.* **Ақ меруерттей.** *Аппақ, кіршіксіз, таза.* **Ақ моншақ.** *поэт.* *Әйелдің, қыздың сұлулық, әдемілігінің бір сипаты ретіндегі әйелдің мойынға тағатын інжу-маржаннан немесе ақ түсті сутастан жасалған әшекейі.* **Ақ мұрат.** *Адал борыш, игі тілек, ниет.* **Ақ найза.** этн. *Жебесі болаттан, алмастан жасалып, көбінесе екі қырлы, жалпақтау болып келетін найза түрі.* **Ақ найзаның [найзаның] ұшымен, ақ білектің [білектің] күшімен.** *поэт.* *Өз тәуелсіздігі, бостандығы мен еркіндігі, өмірі үшін жан алмай, қолына қару алып күресудің жолы.* **Ақ нан.** тамақ. *Сапалы, ақ, бидай ұнынан пісірілген нан.* **Ақ нәсіл.** антр. *Адамзат баласының өңіне қарай жіктелген түрі; еуропалықтар.* **Ақ неке.** экспр. *Ер адам мен әйелдің ерлі-зайыпты болып жұп құруы.* **Ақ некелі.** *Некесі қиылған, адал (жар).* **Ақ нөсер.** *Ұзақ уақыт жауған, желді, қатты жаңбыр.* **Ақ нұр.** поэт. *Жүректің жылуы, шапағат.* **Ақ олимпиада.** *спорт.* *Спорттың қысқы түрлері бойынша төрт жылда бір өтіп тұратын халықаралық жарыс.* **Ақ Орда.** а) тар. *Оңтүстік пен Орталық Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың ортағасырлық мемлекеттік одағы.* ә) *Еңселі, үлкен киіз үй.* **Ақ орда.** тар. а) *Бай, ауқатты адамдардың еңселі, салтанатты үйі.* ә) *Ел билеген хан, сұлтандардың тұрақты отыратын орны, көп қанатты (он екі не одан да көп) ақ үйі.* **Ақ отау.** а) этн. *Жаңа некелескендерге арнап тігілген жабыны ақ киізден жасалған еңселі, әсем үй.* ә) бейн. *Ынтымақты, адал пейілді отбасы (үй).* б) поэт. *Құтты мекен.* в) *Ақ киізден жасалған отау.* г) поэт. *Жаңа тұрмыс құрған отбасының отауы, жас отау.* **Ақ өзен.** поэт. *Ақ толқын, ақ көбік болып аққан тау өзені.* **Ақ өлең.** әдеб. *Буын саны әртүрлі боп келген, ырғағы бар, ұйқассыз өлең.* **Ақ [ақ бұйрықты] өлім.** *Жасы жетіп, өз ажалымен қайтыс болу; тағдырдың дегенімен болған тура қаза.* **Ақ өткел.** *Ағынды өткел.* **Ақ парақ.** *Жазылмаған, таза бір бет қағаз.* **Ақ патша.** көне. экспр. *Орыс патшасы, мәртебелі патша ағзам.* **Ақ пен қара.** *Жақсы-жаманы, дұрыс-бұрысы.* **Ақ пен қараны [ақ-қарасын] айырды.** *Жақсы мен жаманды таныды.* **Ақ пен қызыл арасы.** бейне. *Ымырт алды, күн әлі бата қоймаған кез.* **Ақ періште.** *Күнәсіз, тап-таза.* **Ақ сабан.** *Егін орылып, астық жиналып жатқан кез.* **Ақ сабын.** а) *Ақ түсті кір сабын.* ә) *Иіс сабын.* б) бейн. *Аттың ақ көбік болғандағы тері.* **Ақ сабын болды.** *Ақ көбік болып терледі.* **Ақ сазандай.** экспр. *Жұп-жұмыр, аппақ.* **Ақ сайтан.** миф. *Адамға біткен ерекше күш, арқа.* **Ақ сайтаны ұстады.** *Ашу-ызасы келді, арқасы қозды деген мағынада.* **Ақ сақалды.** а) экспр. *Сақалына ақ кірген қарт, қария.* ә) стиль. *Ақын бұл жерде қыстың бейнесін сақалы аппақ құдай болған кісіге теңеп отыр.* **Ақ сақалды, сары тісті.** *Үлкейген, қариялық кезге келген.* **Ақ самайлы [самай].** *Самай шашына ақ кірген (адам).* **Ақ [сары] самауыр.** экспр. *Болыскей самаурын, үлкен, сапалы металдан жасалған самаурын.* **Ақ сандық, ақ сандықтың ішінде көк сандық.** *Түбі жоқ, бірінің ішінде бірі.* **Ақ сандақ жүйрік.** *Жолы боп озып жүрген саңлақ жүйрік, ақын т.б.* **Ақ саңырауқұлақ.** өс. *Жапырақты және қылқанды ормандарда, ашық алаңда және орман шеттерінде, жас шыршалар арасында, ылғал топырақта өсетін, сабағы түбіне таман жуандай түсіп, сарғыш, ақ жолақ реңі бар саңырауқұлақтың түрі.* **Ақ сарғыл [сарғылт, сарғыш].** *Сарысы басым ақшыл түс.* **Ақ сары.** *Өңі ақшыл сары түсті (адам).* **Ақ сары.** *Сарғыш түсті.* **Ақ саусақ.** поэт. *Сұлу, құлын мүсін, нәзік аққұба қыз.* **Ақ сауыт.** этн. көне. *Сапалы болаттан жасалған берік, батырлардың қорғануға арналған киімі.* **Ақ сәлем.** *Таза көңілді, ықыласты білдіретін амандық тілек.* **Ақ сәуле.** поэт. *Жоғарыдан түскен жұмсақ жарық, күннің нұры.* **Ақ селдір бөз.** *Ақ түсті жұқа мата.* **Ақ семсер.** экспр. *Сапалы, өткір қылыш.* **Ақ сирақ болды [етті].** *Жұтады, малдан айырылды, тақыр кедей болды.* **Ақ сирақ жұт.** *Малды түгел қырып кететін үлкен жұт.* **Ақ собық.** *Қатпаған, сүттеніп тұрған жас собық.* **Ақ сойыл.** *Сүйрете-сүйрете әбден ағарған сойыл.* **Ақ сөзді.** *Шын сөйлейтін, өтірік айтпайтын, шыншыл.* **Ақ сөйледі [ақтан тигізді].** *Анық сөйледі, турасын айтты.* **Ақ сөңке жұт.** сөйл. *Ақ сирақ жұт.* **Ақ стрептоцид.** мед. *Әртүрлі іріңді жараларды емдеуге қолданылатын иісі жоқ, ақшыл сары кристалды ұнтақ.* **Ақ суоты.** өс. <лат. agrostis alba> *Астық тұқымдасы суоты туысына жататын малазықтық шөптесін өсімдіктің ақшыл түсті түрі.* **Ақ сұр.** *Ағы басымырақ сұр түс, сұрғылт.* **Ақ сүйек жұт.** *Тігерге тұяқ қалмай малы қырылып қалған жұт.* **Ақ сүңгі.** экспр. *Сапалы жасалған ұшы ұшкір, өткір найза.* Ақ сүңгі. *Асыл болаттан жасалған сүңгі.* Ақ сүңгідей. а) *Жарқ етіп, асыл болаттай.* ә) *Ұзын, салалы, аппақ (саусаққол).* **Ақ сүт.** а) *Ана сүті.* ә) *Ананың баласына сіңген еңбегі.* **Ақ сүт берді.** *Аялап өсірді, әлпештеді, мәпеледі.* **Ақ сүттенді.** *Таң біліп, төңірек бозғыл тарта бастады.* **Ақ сүтімнің айы ұрсын!** қарғ. *Ананың қарғысы тисін, сүті атсын!* **Ақ сүтін ақтады.** *Шешесінің бағып-қағып өсірген еңбегін, балалық парызын өтеді.* **Ақ сүтін аспанға [көкке] сауды.** этн. *Анасы қарғады, теріс бата берді.* **Ақ сүтін емді.** *Ана сүтін еміп өсті, мәпеленді, әлпештенді.* **Ақ сүтін кешті.** *Ата-ана ризалығын білдірді.* **Ақ [ана] сүтін көкке сауды.** *Теріс батасын берді, назаланды, қарғады.* **Ақ сұр.** а) *Ақшыл сұр түсті.* ә) *Аққұба, ақшыл.* **Ақ табан ат.** *Жылқының табанындағы белгімен байланысты атау.* **Ақ табан болды.** а) *Табанынан таусылды, көп жүріп шаршады.* ә) *Ел-жұртынан айырылып, басқа жаққа босты.* **Ақ тамақ.** поэт. *Қыздың әдемі, сұлу тамағы, иектің асты.* **Ақтан безді.** *Шындықтан қашты, әділдікті ұмытты.* **Ақтан күйді.** *Нақақ кінәлі болды.* **Ақ таң.** поэт. *Таңғы шапақ.* **Ақ тары.** өс. <лат. panicum miliaceum> *Астық тұқымдасы тары туысына жататын дәнді дақыл.* **Ақ тас.** *Құрамында ақ қиыршықтары бар тас.* **Ақ таяқ.** *Көп ұсталған таяқ.* **Ақ таяқты ат қылды.** *Ат орнына таяқ ұстады.* **Ақ теңге.** *Кішкене ақшыл түйме.* **Ақ теңіз.** поэт. *Ұшы-қиырына көз жетпейтін ұлан-ғайыр су кеңістігі.* **Ақ тер, көк тер болды.** *Аяғынан сабылды, қара терге түсті.* **Ақ терін қара қылды.** *Көбінесе бірді-бірге алмастырып, ауыстырды, соқтығыстырды деген мағынада.* **Ақ тон.** жерг. а) *Иленген теріден тігілген, и жағылған терінің табиғи ақ түсін сақтау үшін ешқандай бояумен боялмаған тон түрі.* ә) *Бидайдың қабығы, қауызы.* **Ақ төс.** экспр. а) *Ананың омырау, көкірек тұсы, кеудесі.* ә) *Судың айдыны.* б) *Таудың басына таманғы беткейі.* **Ақ төсек.** экспр. *Жар төсегі.* **Ақ ту.** тар. ***Ақ жалау.*** **Ақ түш, ақ сиырдың сүтін [майын] іш!** этн. тілек. *Тұшкірген кезде айтылатын ырым сөз, ақ тілеу – адамның саулығының мықты болуын, аман-саулығын тілеу.* **Ақ түйе.** этн. *Қазақтың көне салты бойынша ерекше үлкен жиын-той, салтанатта сойылатын түйе.* **Ақ түйенің қарны жарылды.** *Қуанышқа кенелді, қарық болды.* **Ақ тіледі.** *Жақсылық тіледі, оң ниет білдірді.* **Ақ тілек.** *Адал, ізгі ниет.* **Ақ тілеу.** *Адал ниет; кіршіксіз таза көңіл, ықыласы.* **Ақ ұлпа.** а) *Үлпілдеген жұп-жұмсақ, мамық.* ә) *Жапалақ қар.* **Ақ [аппақ] ұн.** *Сапалы, құнар-*

*лығы жоғары, бұрқылдақ ұн.* **Ақ үй.** көне. *Бай-мырзалардың қонақ күтетін үйі.* ә) этн. *Қаңқасы (сүйегі) құрастырылып- ажыратылатын, ақ реңк беру үшін бор қосып басылған ақбоз киізбен жабылатын, жылжымалы тұрғынжайдың - киіз үйдің көп тараған жетілдірілген нұсқасы.* **Ақ үйек мал.** *Адал мал, құтты мал.* **Ақ үрпек.** а) *Жүні жаңа шығып келе жатқан, сары ауыз (балапан).* ә) *Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған, жас (бала).* **Ақ үстінен қара таныды.** а) *Өз бетімен сауатын ашты.* ә) *Жөн-жосықты білді, жақсы-жаманды айырды.* **Ақ шағала.** бейн. *Әппақ қардай.* **Ақ шай.** сөйл. *Сүт қосқан шай.* **Ақ шайтан.** стиль. экспр. *Жайсыз мінез.* **Ақ шалды.** *Ақ киім киінді, ақ жамылды (шалқып жүрді).* **Ақ шаңқан.** *Сүттей ақ, аппақ.* **Ақ шарбы бұлт.** *Ашық күнгі жұқа, селдір бұлт.* **Ақ шатыр.** *Жеңіл ақ мата жабылған уақытша баспана.* **Ақ шаш.** *Үлкейіп, қартайған кездегі ағарған шаш.* **Ақ шаш абыройын сатты.** *Өмір бойы жиған қадыр-қасиетін, жасын міндет қылды.* **Ақ шашты ана.** экспр. *Жасы ұлғайған қарт ана.* **Ақ шашымен.** *Үлкен басымен.* **Ақ шәйнек.** *Шай демдейтін ыдыс.* **Ақ шәулі.** *Ақ түсті еркек бүркіт.* **Ақ шегір.** *Бүркіттің ақ араласқан шегір түсі.* **Ақ шелегің шағылғыр.** қарғ. *Түйе малына емшегің суалғыр деген мәнде айтылады.* **Ақ ши.** қолөнер. *Жүн оралмай, қабығынан тазартылған, шидің өзінен ғана тоқылған, көбіне құрт, ірімшік, т.б. жаю үшін қолданылатын ши.* **Ақ шуақ.** экспр. а) *Ағарып түскен күн сәулесі.* ә) *Ақ көңіл.* **Ақ шуда.** *Ақ бұлттар.* **Ақ шудалы.** а) *Басын қар шалған.* ә) *Көпіршіген, ақ көбіктенген.* **Ақ шулан.** *Ақ түске жақын, ағы басым түс.* **Ақ шұбар.** *Араласып шұбарланған түстердің ішінде ақ түстің көбірек кездесетін түрі.* **Ақ шұнақ боран.** *Бір мезгіл соғатын шыңылтыр аяздағы қарлы боран. Ақшыл көк түсті қасқырдың ұрғашысы.* **Ақ шың.** поэт. *Таудың қар басқан биік шыңы.* **Ақ халат.** бейне. *Дәрігер туралы.* **Ақ іс.** *Әділ, таза тірлік.*

**АҚ**[2] зат. жерг. ***Әк.***

**АҚ**[3] [ар. حق] зат. сөйл. ***Хақ*** *(шын, күмәнсіз, ақиқат деген мағынадағы Алла тағаланың 99 қасиетті есімдерінің бірі).*

**Ақ адал.** *Таза, бүкпесіз, бөтен пиғылсыз.* **Ақ адал еңбек етті.** *Бейнеттенді, маңдай терін төкті.* **Ақ адал мал.** *Маңдай терімен, таза еңбекпен табылған мал-мүлік.* **Ақ Алла.** поэт. *Хақ тағала.* **Ақ бұйрық.** діни. *Алла тағала, Хақ тағаланың ұйғаруы, нәсіп еткені, басқа бергені.* **Ақ бұйрықты өлім.** діни. *Уақытымен келген қаза, ақ өлім.* **Ақ пұл.** жерг. *Адал ақы.* **Ақтан келді.** діни. *Аян берді.* **Ақтан өлді.** *Жазықсыз жапа шекті.* **Ақтан тіледі.** *Алладан тіледі.*

**АҚ**[4] шыл. *Күшейту, талғау мағынасындағы демеулік шылау.*

**АҚ**= ет. **1**. *Судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы, бір орында тұрмай ілгері қозғалып отыруы.* **2**. *Адамның не басқа бір заттың судың ағысының ықпалымен кетуі, батып кетуі.* **3**. *Су, жас, тер, қан, сілекей сияқты сұйық заттардың сорғалауы, құйылуы, төгілуі.* **4**. *Сөл, нәр, ет сияқты нәрсенің бірте-бірте таусылуы, құруы. // Семіз аттың қатты қинау көргендіктен, қызылмай болуы, күйзелуі.* **5**. ауыс. *Тез, жылдам жүру, зулау, жылдамдығына көз ілеспеу.* **6**. ауыс. *Молшылықтың асып-төгіліп жатуы.* **7**. ауыс. *Кен байлықтарының шығуы, өндіріліп алынуы.*

**Ағызып жіберу.** этн. *Малдың ұрығын, іштегі төлін ағызып жіберуі, іш тастап қоюы.* **Ағып тұр [ағып тұрған].** а) *Сөзге, тілге шебер, жетік.* ә) жағымсыз. *Өтірік, өсек айтуға епті, сөзі берекесіз, пәтуасыз (адам).* **Ағысы қатты.** *Таудан сарқырап құлайтын, екпіні күшті [су].* **Аққан жұлдыз**. *Түнде аспанда жарқ етіп көрініп, жоқ болып кететін ұсақ метеорлардың халық арасындағы атауы.*

**АҚА**[1] зат. жерг. ***Айыр.***

**АҚА**[2] зат. жерг. ***Аға.***

**АҚАБА** зат. егіншар. *Суы ағып жатқан арық-атыз бен тоғанды байлағанда қалған сарқынды су.*

**Ақаба су**. сушар. а) *Бұрын өндірісте, тұрмыста немесе ауылшаруашылығында пайдаланылған, сондай-ақ қандай да бір ластанған аймақ, елді мекен арқылы өткен су.* ә) *Тұрмыста және өндірісте пайдаланылғаннан кейінгі су.* **Ақаба суды тазарту**. сушар. *Қоршаған табиғи ортаны ластамау үшін арнайы әдіс-тәсілдермен ақаба судың құрамын қалыпқа келтіру.* **Ақаба сумен суармалау**. сушар. *Ақаба суларда болатын тыңайтқыш заттарды пайдалана отырып суармалау тәсілі.* **Ақаба су тұнбасы**. сушар. *Ақаба сулардың әуітте, сүзілу алаңдарында жиналатын, оның түбіне шөгетін әртүрлі тұнбалы заттар мен химиялық элементтер жиынтығы.*

**АҚАБАТ** зат. ескікіт. *Ауырлық, машақат, қиындық; бөгет, кедергі, тосқауыл.*

**АҚАИД** зат. діни. *Ақидалар (сенімдер), ақида сөзінің көпше түрі, Ислам дініндегі сенілуі керек болған нәрселер, иман ілімдері.*

**АҚАЙ: ақай жоқ, тоқай [ноқай] жоқ**. *Бас жоқ, көз жоқ, еш нәрсемен есептеспей.*

**АҚАЙ-ТОҚАЙ: ақай-тоқайға қарамады**. *Баса-көктеді, еш нәрсеге қарамады, ештеңемен есептеспеді.*

**АҚАЙРАН** сын. **1**. *Айғыз-айғыз, ақ түс араласқан ала-құла, ақтаңдақ.* **2**. *Ақтүтек, алайдүлей.*

**АҚАЙРАНДАЛ** = ет. *Айғыздалу, ақтаңдақталу, алашабырлану.*

**АҚАЙРАНДАЛУ** *Ақайрандал етістігінің қимыл атауы.*

**АҚАЙРАНДАН**= ет. *Айғыздану, ақтаңдақтану, ала-құла болу.*

**АҚАЙРАНДАНУ** *Ақайрандан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚАЙРАУЫҚ** зат. өс. <лат. calamagrostis pseudophragmites> *Астық тұқымдасына жататын биіктігі 50-120 см көпжылдық шөптесін өсімдік; ақ өлең, жалған құрақ.*

**АҚАҚАУЛАС**= ет. ***Ахахаулас*** *(қалжыңдасу, күлісу).*

**АҚАЛА** зат. саят. *Қыран құстың улануынан болатын ауру.*

**АҚАЛАҚШЫ** зат. жерг. көне. **1**. *Сауда керуенінің басшысы.* **2**. *Болыс дәрежесіндегі лауазым.*

**АҚАЛАҚШЫ** зат. көне. *Шамамен мың түтінге билік жүргізетін мансап, мыңбасы.*

**АҚАЛТЕКЕ** зат. малшар. *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.*

**АҚАМУР** зат. зоол. <лат. ctenopharyngodon idella> *Тұқы тұқымдасына жататын тұщы су балығы.*

**АҚАН: ақан ау**. кәс. *Ұзындығы 18-30 м, ені 2,5 мдей, қызылбалық аулайтын ау.*

**АҚАР-ШАҚАР** сын. **1**. *Ірілі-уақты, бір-біріне жалғасқан, ретсіз, іркес-тіркес.* **2**. *Әркелкі, аралас-құралас, ала-құла.* **3**. *Көп жанды, өрісі кеңейген, басы өскен.*

**АҚАРЛЫ-ШАҚАРЛЫ** сын. *Көпжанды, өсіп-өнген, аралас-құралас.*

**АҚАТБЕК** зат. жерг. *Дәмі тіл үйірер тәтті қауынның бір түрі.*

**АҚАТТЫҚ** [ар.] зат. ескікіт. *Қиындық.*

**АҚАУ** зат. **1**. *Заттың сынған, шытынаған, бүлінген, жарылған жері, жарықшақ.* **2**. мед. *Ауру, денсаулыққа келген зиян, дерт.* 3. ауыс. *Малдың кемістігі, мүкістігі.* **4**. *Кемшілік, мін.* **5**. *Қате, білместік.* **6**. ауыс. *Көңілге түскен кірбің, дақ, түйткіл.*

**Ақау білінді**. *Кемшілік, бүліну байқалды, жарышақ шықты.* **Ақау табу**. тех. <лат. defectus – жетімсіздік, грек. skopeo – көремін, бақылаймын> *Материалдар мен бұйымдарды бүлдірмей, олардың ақауын бақылауға арналған әдістер жиынтығы.* **Ақау салды [түсірді]**. а) *Көңілге кірбің салды, дақ салды.* ә) *Нұқсан тигізді, зиян келтірді.* **Ақау түсті**. а) *Бүлінді, сынды, жарылды, шытынады, зақым келді.* ә) *Дертке шалдықты, денсаулығына зақым келді.* б) *Ойын кірбің шалды, көңілге қаяу түсті.*

**АҚАУКӨРГІШ** зат. сөйл. ***Ақаутапқы.***

**АҚАУКӨРГІШТІК** зат. тех. *Заттардың құрылымын, құрылысын ашпай, денесін бұзбай физикалық әдістерді қолдану арқылы сапасын анықтау қасиеті.*

**АҚАУЛЫ** сын. **1**. *Ақауы бар, бүлінген, жарылған, сынған жері бар.* **2**. *Кемшілігі, жетіспеушілігі, олқылығы бар.* **3**. *Кемістігі, мүкістігі бар (жануар, аң, құс).*

**Ақаулы блок**. инф. <ағыл. defective block> *Бетінің бүлінуі салдарынан пайдалануға жарамсыз иілгіш магниттік дискінің блогі.*

**АҚАУЛЫҚ** зат. тех. **1**. *Бүлінгендік, бұзылғандық.* **2**. ауыс. *Кемістік, мүкістік.*

**АҚАУЛЫЛЫҚ** зат. *Жетіспеушілік, кемшілік, олқылық.*

**АҚАУСЫЗ** сын. **1**. тех. *Сынығы, жарықшағы жоқ, бұзылмаған.* **2**. *Мінсіз, кемшіліксіз.* **3**. *Теп-тегіс, ешбір дақсыз, таза.* **4**. ауыс. *Адал, кіршіксіз, таза. // Бұзылмай, сынбай, тоқтамастан. // Ренішсіз, түсіністікпен.*

**АҚАУСЫЗДЫҚ** зат. *Мінсіздік, кемшіліксіздік.*

**АҚАУТАПҚЫ** зат. тех. <лат. defectus – жетімсіздік, грек. skopeo – бақылаймын> *Металдар мен металл емес бұйымдар ақауын оларды бүлдірмей анықтауға арналған құрал немесе қондырғы.*

**АҚАУЫЗ**[1]**: ақауыз қой**. малшар. *Бес жастан асқан қой.*

**АҚАУЫЗ**[2] сын. *Аузы ақ түсті (малға қатысты).*

**АҚАУЫЗ**[3] зат. жерг. *Қол саусақтарының басына шығатын жара.*

**АҚБА** зат. этн. *Қыстыгүні ақпан айында жер бетіне жүгіртіп ойнайтын таяқ. Оны кей жерде «сүмбе», «жылмаң» деп те атайды.*

**АҚБАЙПАҚ** зат. вет. сөйл. *Сиыр малының індеті, мәлік.*

**АҚБАҚАЙ** зат. өс. <лат. petasites mill> *Күрделігүлділер тұқымдасына, ақбақай туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.*

**АҚБАЛШЫҚ** зат. жерг. *Үй сылайтын зат (әк), балшық түрі.*

**АҚБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. stenodusleucichthys> *Ұзындығы бір метрге дейін, салмағы 5-19 кг-ға дейін баратын, ағынды суда өсіпөнетін, албырт тұқымдасына жататын күміс түсті бағалы жыртқыш балық.*

**АҚБАР** зат. сөйл. *Ақпар, мәлімет.*

**АҚБАРАҚ** зат. көне. *Сабалақ жүнді ит.*

**АҚБАС**[1] зат. вет. **1**. түйешар. *Басы жара болып, төсі ісетін жұқпалы түйе ауруы.* **2**. *Аяғына құс түсіп, тұяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы, бақай құрт.*

**АҚБАС**[2] зат. өс. <лат. galatella> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, дала зығыры; бидайық тәріздес ұлпілдек басы ащы шөп; кейде мұны тауықбас деп те атайды.*

**АҚБАС**[3] зат. жерг. *Үйтқымалы жаяу боран.*

**АҚБАС**[4]: **ақбас ер**. жерг. *Сүйектен әшекейлеп жасалған ер.*

**АҚБАС**[5]... *Өсімдік, жануарлардың, құстардың ақ түспен араласып келетін түрлерінің күрделі атауының құрамдас бөлігі.*

**Ақбас беде**. өс. <лат. trifolium montanum leguminosae Juss> *Бұршақ тұқымдасына жататын бағалы малазықтық көпжылдық немесе біржылдық шөптесін өсімдіктің бір түрі.* **Ақбас жоңышқа**. зат. өс. <лат. astragalus virgatus> *Бұтақты таспа, ақтаспа шөп туысына жататын шала бұта.* **Ақбас капуста**. өс. сөйл. *Ақбас қырыққабат.* **Ақбас қаз**. зоол. <лат. eulabeia indica> *Қаз тәрізділер отрядының үйректер тұқымдасына жататын, басы мен мойнындағы қауырсыны ақ болатын қаздың бір түрі.* **Ақбас құмай.** зоол. <лат. gyps fulvus> *Биік таулы жерлерді мекендейтін басы ақ түсті, басы мен мойнында ешқандай қауырсын болмайтын, көбіне өлекселермен қоректенетін, сұңқартектес тұқымдасына жататын, ірі жыртқыш құс.* **Ақбас құндыз**. *Үлкен, бағалы құндыз түрі.* **Ақбас қырыққабат**. өс. <лат. brassica oleracea> *Крестгүлділер тұқымдасына жататын көкөніс өсімдіктің түрі.* **Ақбас селеу**. өс. *Селеу туысына жататын шөптесін өсімдіктің бір түрі.* **Ақбас сиыр**. *Қазақстанда алынған сүтті, етті сиыр тұқымының бір түрі.* **Ақбас сұңқар**. саят. *Сұңқар тәрізділерге жататын қыран құстың алғыр түрі.* **Ақбас тырна**. зоол. <лат. anthro poidesvirgo> *Шекесінде айдар тәрізді ұзын ақ қауырсындары бар, тырнатәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақбас үйрек**. зоол. <лат. oxura leucocephala> *Үйректер тұқымдасына жататын, басы ақ түсті су құсы.*

**АҚБАСЖУСАН** зат. өс. <лат. achille amillefolium> *Күрделігүлділер тұқымдасы ақбасжусан (мыңжапырақ) туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің сабағы түкті, жапырағы қандауыр тәрізді түрі.*

**АҚБАСҚУРАЙ** зат. бот. <лат. erysimum> *Крестгүлділер тұқымдасына жататын далалы жерде кең тараған көпжылдық өсімдік.*

**АҚБАСҚЫН** зат. жерг. *Жаяу борасын, қар.*

**АҚБАСШӨП** зат. өс. <лат. karelinia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚБАТТАУЫҚ** зат. өс. <лат. calamagrostis epigeios> *Жапырағы таспа тәрізді және түрпілеу болып келетін, астық тұқымдасына, айрауық туысына жататын көпжылдық өсімдік.*

**АҚБАУЫР**[1] зат. зоол. сөйл. ***Ақбауыр бұлдырық***.

**АҚБАУЫР**[2]... *Денесінің бір бөлігі ақ болып келетін жануарлардың немесе ақ түс араласқан өсімдіктердің күрделі атауының құрамындағы сөз.*

**Ақбауыр айқабақ**. зоол. <лат. acrocephalus stentoreus> *Торғай тәрізділер отрядының сандуғаштар тұқымдасына жататын құс.* **Ақбауыр бұлдырық**. зоол. <лат. pterocles alchata> *Салмағы жеңіл, қанаты ұзын, топтанып тіршілік ететін көптертәрізділер отряды, бұлдырықтар тұқымдасына жататын құс.* **Ақбауыр жарқанат**. зоол. <лат. otonycteris hemprichi> *Қолқанаттылар отрядының жалтыртұмсықты жарқанаттар тұқымдасына жататын жарқанат түрі.* **Ақбауыр сұрқарлығаш**. зоол. <лат. apus melba> *Ұзынқанаттылар отрядының сұрқарлығаштар тұқымдасына жататын құс.* **Ақбауыр тары**. жерг. *Ақ, қызыл тарының ұсақтау келген бір түрі.*

**АҚБЕЗ** зат. этн. *Етті қазанға салардан бұрын алынып тасталуға тиісті жеуге болмайтын «бездер» қатарына жататын, алынбаса, қазақы ортада айып болып есептелінетін бүйректегі, асықты жіліктің айдар етіндегі және жамбас шұңқырындағы тамырлар, жүйке талшықтарының үлкендеу түрінің атауы; ақтамыр.*

**АҚБЕЙІЛ** сын. сөйл. ***Ақпейіл***.

**АҚБЕЙІЛДІК** зат. сөйл. ***Ақпейілдік.***

**АҚБИДАЙ** зат. өс. **1**. *Астық тұқымдас өсімдіктер туысына жататын маңызды тағамдық дақылдың бір түрі.* **2**. поэт. *Мол астық; ұшан-теңіз егістік.*

**АҚБИДАЙЛЫ** сын. поэт. *Бидайының дәндері толысып жайқалған.*

**АҚБИДАЙЫҚ** зат. өс. *Астық тұқымдасына жататын ақшыл түсті шөптесін өсімдік түрі.*

**АҚБИКЕШ** зат. жерг. *Ақталған тары.*

**АҚБОЗАТ** зат. **1**. *Жыл бойы батпайтын Темірқазық жұлдызы төңірегіндегі үш жарық жұлдыздың бірі.* **2**. астр. *Аспанның солтүстік полюсіндегі Темірқазық төңірегіндегі жарықтығы жағынан Темірқазық (б) пен Көкбозаттан(в) кейінгі үшінші орындағы жұлдыз.*

**АҚБӨКЕН** зат. **1**. *Ешкісінде мүйіз болмайтын, өте жүйрік, шөлге төзімді, дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, бағалы терісі үшін ауланатын аң.* **2**. зоол. <лат. saiga tatarica> *Жұптұяқтылар отрядының бөкендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары.*

**АҚБӨКЕНДЕЙ** сын. **1**. *Ақбөкен сияқты, ақбөкен тәрізді.* **2**. ауыс. *Ақбөкен сияқты ірі, үлкен. // Жүйріктеніп, алдына жан салмай.*

**АҚБӨРТЕЛЕН**= ет. *Семіре бастау, ағару.*

**АҚБӨРТЕЛЕНУ** *Ақбөртелен етістігінің қимыл атауы.*

**АҚБҰЗАУБАС** зат. зоол. <лат. neogobius fluviatilis> *Алабұға тәріздес бұзаубас балықтың бір түрі.*

**АҚБҮРҒЫ** зат. көне. *Кескек (тұтқынның мойнына салатын ағаштың бір түрі).*

**АҚБҮРКЕНШІК** зат. этн. *Жаңа түскен келіннің сәукелесінің сыртындағы жамылғысы.*

**АҚГҮЛ** зат. өс. <лат. jasminum officinale> *Бұта немесе оралғы туысына жататын хош иісті ақ гүлдері бар зәйтүн тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

**АҚДАБЫ** зат. жерг. *Жұқа ақ мата.*

**АҚДӘНЕКЕР** зат. тех. *Ұнтақ металл (бура).*

**АҚДЕГЕЛЕК** зат. зоол. <лат. ciconia ciconia> *Дегелектер тұқымдасына жататын қанаты қара, ірі, ақ құс.*

**АҚЕЗУ** зат. сөйл. ***Ауыздық*** *(ездің тілініп ойылуынан пайда болатын ауру).*

**Ақезу бәрпі.** бот. <лат. aconitum leucostomum> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын бәрпінің жиі кездесетін түрі.*

**АҚЖАҒАЛ** сын. **1**. *Ақ жолақ араласқан.* **2**. *Қажалып ағарған.*

**АҚЖАҒАЛАҚ** зат. вет. *Құстарда көп кездесетін ауру.*

**АҚЖАҒАЛДАН**= ет. *Ағару, ақ түстің жұқа жағылуы, ақ жолақ түсу.*

**АҚЖАҒАЛДАНУ** *Ақжағалдан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖАҒАЛЫ** сын. сөйл. жағымсыз. *Ертеректе қаланың жаңа салтына сырттай еліктеген әлеуметтік топ мүшелеріне қатысты айтылатын кекесін сөз.*

**АҚЖАЙҚЫН** сын. *Мол, шексіз, ұлан-ғайыр.*

**АҚЖАЙМА** зат. жерг. *Матадан жасалған төсек-орын жабдығы, төсек жаппа.*

**АҚЖАЛАУ** зат. сөйл. *Малдың ауруы.*

**АҚЖАМШЫ** зат. этн. *Әйелдердің баскиімінің астынан киетін ұзын, жұқа жамылғысы.*

**АҚЖАҢБЫР** зат. *Жаздыгүні толассыз ұзақ жауатын жауын.*

**АҚЖАПА** зат. *Әбден қаңсыған, кепкен тезек.*

**АҚЖАПАЛАҚ** зат. зоол. <лат. nyctea scandiaca> *Түнгі жыртқыштар отрядына жататын жапалақ түрі.*

**АҚЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. jurinea> *Сәуір-маусым айларында гүлдеп, мамыр-шілдеде жемістенетін күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚЖАРҚЫН** сын. **1**. *Ақкөңіл, пейілі кең, ашық мінезді (адам).* **2**. *Көңілді, ашық, бүкпесіз.*

**Ақжарқын мінез.** *Көңілді, ақпейіл мінез.*

**АҚЖАРҚЫНДАН**= ет. *Ақпейілдену, ашық көңілдену.*

**АҚЖАРҚЫНДАНУ** *Ақжарқындан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖАРҚЫНДЫҚ** зат. *Ақ пейілділік, жомарттық, көңілділік.*

**АҚЖАРМА** сын. поэт. *Ағынан жарылған, ақниет, шын пейілді.*

**АҚЖАУЫН** зат. сөйл. ***Ақжаңбыр***.

**АҚЖАУЫНДАЙ** сын. *Ұзаққа созылған жаңбырдай үздіксіз.*

**АҚЖЕЛЕК** зат. өс. <лат. petroselinum-sativum> *Тамыры мен жапырағы тамаққа пайдаланылып, дәнінен эфир майы алынатын біржылдық көкөніс өсімдігі.*

**АҚЖЕЛЕҢ**[1] зат. этн. муз. *Домбыра күйлерінде қалыптасқан музыкалық жанр.*

**АҚЖЕЛЕҢ**[2] сын. жерг. *Ақкөңіл, ашық-жарқын.*

**АҚЖЕЛЕҢ**[3] сын. *Жайдақ, ер-тоқымсыз*

**АҚЖЕЛЕҢДЕ**= ет. *Бозараңдау, ағараңдау.*

**АҚЖЕЛЕҢДЕУ** *Ақжелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖЕЛКЕК** зат. өс. <лат. armoracia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚЖЕЛКЕН** зат. өс. <лат. petroselinum> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын бір немесе екіжылдық өсімдік.*

**АҚЖЕЛІН** зат. жерг. *Сауын малдың сауатын уақыты өтіп сыздаған желіні.*

**АҚЖЕМ**[1] зат. этн. саят. *Аңға салатын қыран құстарды жаратып, бабына келтіру үшін берілетін, қан-сөлінен арылған ет.*

**АҚЖЕМ**[2] сын. **1**. *Су сорып, терісі ағарып кеткен, үлбіреген.* **2**. *Желініп, тозған, қажалып ағарған.*

**Ақжем болды**. а) *Су сорып түте-түтесі шықты, бозарып кетті.* ә) *Желініп, әбден тозды, қажалып ағарды.* б) *Езгіде болды, шылауына түсті.* в) *Босқа әуреленді, арам тер болды.* **Ақжем қылды**. *Су сорып терісін ағартып жіберді, бозартып үлбіретті.* **Ақжемін шығарды**. *Қажалап, ағартып тастады, әбден тоздырды.*

**АҚЖЕМДЕЛ**= ет. *Ағарып кету, тозығы жету.*

**АҚЖЕМДЕЛУ** *Ақжемдел етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖЕМДЕН**= ет. *Азып-тозу, езгіде болу, илеуінде, шылауында кету.*

**АҚЖЕМДЕНУ** *Ақжемден етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖИДЕ** зат. өс. сөйл. ***Итжидек.***

**АҚЖИРЕН** зат. өс. жерг. *Шөлейт жазықта өсетін ақ тікенді өсімдік.*

**АҚЖОЛ** зат. **1**. *Ақиқатты, әділетті ұстаған тура жол, дұрыс бағыт.* **2**. *Игі дәстүр, бұрыннан жалғасып келе жатқан салт. // Қадамы құтты, сәтті деген мағынада.*

**Ақжол емі**. этн. *Қазақтың ескі салты бойынша ер жігітке тиген оқты денеден шығару үшін оның үстінен әйелдерін үш мәрте аттататын әдет [Егер әйел күнәсіз (өзге еркекке көзі түспеген) болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақжол емі» деп атаған].* **Ақжол тіледі**. *Жолың болсын, сапарың сәтті болсын деп тілек айтты.*

**АҚЖОЛАҚ**: **ақжолақ сасыр**. өс. <лат. ferula leucographa> *Қазақстанның Талас Алатауының батыс бөлігінде, Қаратаудың оңтүстік-шығысындағы қиыршықты тасты тау бөктерлерінде өсетін, сасыр туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚЖОЛТАЙ** зат. этн. *Қадамы құтты болған, өзгеге жақсылық әкелген адам.*

**Ақжолтай болды**. этн. *Қадамы құтты, үнемі жолы болатын адам, келуі өзгеге жақсылық болған кісі туралы айтылады (көбіне жас бала мен жаңа түскен келін туралы).*

**АҚЖОЛТАЙЛЫҚ** зат. *Жолы болғыштық, үнемі болатын сәттілік.*

**АҚЖУСАН** зат. өс. <лат. artemisia lercheana> *Күрделігүлділер тұқымдасы жусан туысына жататын ақшыл түсті шөптесін өсімдік түрі.*

**АҚЖҰПАР** зат. өс. сөйл. ***Ақгүл.***

**АҚЖҮГЕРІ** зат. өс. <лат. sorghum> *Тағам ретінде және техникалық мақсатта қолданылатын, оңтүстікте өсетін ұсақ гүлді, дәнді өсімдік.*

**АҚЖҮЗГІН** зат. өс. <лат. calligonum-leucocladum> *Жемісі – сопақ, қатты қабықты жаңғақ тәріздес болып келетін, тарандар тұқымдасына, жүзгін туысына жататын эндемик өсімдік.*

**АҚЖҮРЕК**[1] зат. өс. жерг. *Ем үшін пайдаланылатын терісken тәрізді шөп.*

**АҚЖҮРЕК**[2] сын. **1**. *Ақкөңіл, адалниет, рухани таза.* **2**. *Аңқылдақ, ақ-жарқын. // Рухани таза, адал, ақкөңіл адам. // Ақкөңілдік, адалдық, рухани тазалық.*

**Ақжүрегін ұсынды.** *Бар көңілімен өз көмегін аямады.* **Ақжүрек азамат**. *Адал, жомарт, кеңпейіл адам.*

**АҚЖҮРЕКСУ** *Ақжүрексі етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЖҮРЕКСІ**= ет. экспр. жағымсыз. *Адалниет, кіршіксіз, күнәсіз көріну, жақсы болғансу.*

**АҚЖҮРЕКТІ** сын. *Адалниетті, жомарт, кең пейілді.*

**АҚЖҮРЕКТІК** зат. сөйл. ***Ақжүректілік.***

**АҚЖҮРЕКТІЛІК** зат. *Күнәсіздік, көңіл тазалығы, ақкөңілділік.*

**АҚЖІЛІК** сын. *Жілік майы толған, көкпарға, бәйгеге, ұзақ жүріске жаратуға болатын (жылқы).*

**АҚЗОН** зат. жерг. *Ақ шыт, ақ сиса.*

**Ақзон темір** этн. *Кірлен, су сақтайтын дыңғыршек, шелек, самаурынның кернейі сияқты ыдыстар мен жабдықтар жасауға қолайлы құрамында мырыш болатын қаңылтыр темірдің ақ түсті түрі.*

**АҚИ**= ет. **1**. *Көзі ежірею, ажыраю.* **2**. ауыс. *Әкіреңдеу, едіреңдеу.*

**АҚИБАТ** зат. көне. *Нәтиже, соңы, аяғы.*

**АҚИДА** зат. діни. *Ислам дініндегі сенілетін нәрселер, иман ілімдері.*

**АҚИКӨЗ** сын. **1**. *Қитар, шапыраш.* **2**. ауыс. *Бұзық, тентек, басбұзар.*

**АҚИҚА** зат. діни. *Мұсылмандық шарттары бойынша перзент нығметін берген үшін Алла тағалаға шүкіршілік ету ниетімен сойылатын мал.*

**АҚИҚАТ** [ар. حقيقة] зат. **1**. *Туралық, шындық.* **2**. филос. *Табиғат пен қоғамдағы санадан тыс және одан тәуелсіз өмір сүретін заттар мен құбылыстардың адам танымының тәжірибеде тексерілген анық бейнесі. // Даусыз, дәл, айқын, анық.*

**Ақиқат екті**. поэт. *Шындықты үлгі етті, шыншыл болуға тәрбиеледі.* **Ақиқат жылдамдығы**. терм. *Нақты, өзгермейтін, тұрақты қозғалыс жылдамдығы.* **Ақиқатқа бас ұрды**. поэт. *Шындықты мойындады, шындыққа тоқтады.* **Ақиқатқа сендірді**. *Шындыққа көзін жеткізді.* **Ақиқат пен өтірік**. филос. *Шындық пен жалғандықтың бір-біріне қарама-қарсы дидактикалық тұтастығын білдіретін ұғым.* **Ақиқатты жақтады**. *Шындықты қорғады, қолдады.* **Ақиқаттың аппақ туы**. бейн. *Шындықтың нағыз белгісі, көрінісі.* **Ақиқаттың аулына қонбады**. поэт. *Шындықты ұстанбады, шын айтып дағдыланбады.* **Ақиқатын айтты.** *Мәселенің шындығын дөп басты, турасын айтты.*

**АҚИҚАТТА**= ет. *Шындығын дәлелдеу, көрсету, анық.*

**АҚИҚАТТАУ** *Ақиқатта етістігінің қимыл атауы.*

**АҚИҚАТТАЙ** үст. *Шындықтай, даусыз, сеніммен.*

**АҚИҚАТТАЛ**= ет. *Шындығы дәлелдену, анықталу.*

**АҚИҚАТТАЛУ** *Ақиқаттал етістігінің қимыл атауы.*

**АҚИҚАТТАУ** *Ақиқатта етістігінің қимыл атауы.*

**АҚИҚАТТЫҚ** зат. **1**. *Шындық, растық, дұрыстық.* **2**. филос. *Шындық дүние, айналадағы әлем туралы санадағы жүйелі мәлімет.*

**АҚИҚАТШЫЛ** сын. *Тек шындығын айтатын, турашыл, шыншыл.*

**АҚИҚАТШЫЛДЫҚ** зат. *Өмір шындығын дәл бейнелеушілік.*

**АҚИЛАН**= ет. **1**. *Көзін едірейту; ежіреңдеу.* **2**. ауыс. *Едіреңдеу, қоқаңдау, сұс көрсету.*

**АҚИЛАНУ** *Ақилан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚИНАҚ** зат. тар. *Көне сақ, сармат жауынгерлері қолданған қанжар және қысқа семсер.*

**АҚИРЕТ** [ар. الآخرة] зат. **1**. діни. *«Бұ дүниеге» қарама-қарсы қойылатын «о дүниедегі» мәңгілік, бақилық өмірге аттанардағы ақырзаманда барша адамзаттың махшарға жиналған, қияметтегі есеп беретін күні мағынасындағы ислам дүниетанымының басты ұғымдарының бірі.* **2**. *О дүние, махшар.*

**Ақирет күніне иман келтіру.** діни. *Ислам діні бойынша, барлық адамдар Алланың әмірімен қабірлерінен тұрып, осы дүниеде істегендері үшін жауап беретін күннің болатынына сенуді білдіретін иманның негізгі шарттарының бірі.* **Ақиретте екі қолым жағаңда.** *Өлгенде де, о дүниеде де алысып өтемін, есе-кегімді о дүниеде де сұраймын деген мағынада айтылады.*

**АҚИРЕТТІК** сын. *Мәңгілік, өмір бақи.*

**АҚИТ**= ет. *Көзін едірейту, ежірейту.*

**АҚИ-ТАҚИ** үст. **1**. *Әбден тәптіштеп, егжей-тегжей.* **2**. жерг. *Біржола, мүлде.*

**АҚИТУ** *Ақит етістігінің қимыл атауы.*

**АҚИЫҚ**[1] зат. **1**. зоол. <лат. aguila heliaca> *Түсі қара қоңыр, иығы ақ сұрғылт бүркіт тұқымдасына жататын, алғыр қыран құс.* **2**. этн. саят. *Басы мен желкесі сарғыш, маңдайы мен төбесі қоңыр, иығы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар қазақ даласында шөлей, суық өлкелерде, Орал, Мұғалжар тауларында, күнбатыс Сібірде жүретін азулы аңнан қорықпайтын бүркіттің ерекше алғыр саналатын тұқымы.* **3**. ауыс. *Алғыр, ойы ұшқыр, зерек, сөзі өткір адам. // Ұшқыр ойлы, өткір сөзді.*

**Ақиық жігіт.** *Дарынды, талантты, адал жігіт.* **Ақиық құмай**.зоол. *Жыртқыш қарақұстың бір түрі.* **Ақиық қыран [бүркіт]**. а) *Алғыр, жыртқыш қыран құс.* ә) поэт. *Алған бетінен қайтпайтын ержүрек, қайсар.* б) бейне. *Ұшқыш.* **Ақиықты қайырып арланға, қырғиды қайырып бөденеге түсірді**. саят. поэт. *Шеберлікпен құсбегілік қылды.*

**АҚИЫҚ**[2] зат. түйешар. *Иығы қажалып, жара болған түйе.*

**Ақиық болды**. жерг. *Мезі болды, қажыды, жауыр болды.*

**АҚИЫҚТАЙ** сын. **1**. *Мықты, алғыр қыран құс – ақиық сияқты.* **2**. *Ұшқыр ойлы, өткір сөзді, алғыр (ақын).*

**АҚИЫҚША** үст. *Мықты, алғыр қыран құсқа ұқсап.*

**АҚКЕКІЛІК** зат. сөйл. ***Аққұр.***

**АҚКЕЛІН** зат. өс. <лат. handelia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік түрі.*

**АҚКЕРІШ**[1] зат. **1**. *Сазбалшық түрі.* **2**. жерг. *Әк.*

**АҚКЕРІШ**[2] зат. *Үгілген, қашалған тастың қиыршығы; ақшыл қиыршық тас.*

**АҚКЕРІШТЕН**= ет. *Қатпарларына ақ жолақ түсіп, ақжағалдану.*

**АҚКЕРІШТЕНУ** *Аккерiштен етістігінің қимыл атауы.*

**АҚКИІЗ** зат. көне. экон. *Үй басына салынатын салық түрі.*

**АҚКӨБЕЛЕК** зат. зоол. <лат. pieridae> *Қабыршыққанаттылар отрядының құрамына кіретін, көбелектер отрядына жататын, денесін барқыт тәрізді түк басқан ақшыл сары түсті көбелек.*

**АҚКӨБЕҢ** зат. кәс. ***Аққобаң.***

**АҚКӨДЕ** зат. өс. <лат. stipa caucasicaschmalh> *Астық тұқымдасына қау туысына жататын шөптесін өсімдіктің бір түрі.*

**АҚКӨЗ**[1] зат. зоол. <лат. abramis sapa> *Тұқы тұқымдасына жататын, тұщы суда жүретін шабақ балықтың түрі.*

**АҚКӨЗ**[2] сын. *Дөлдір, надан, есер.*

**Аққөз ерлік**. *Көзсіз әрекет, есерлік.*

**АҚКӨЗДЕН**= ет. *Алды-артын ойламай, даңғойлану.*

**АҚКӨЗДЕНУ** *Аққөзден етістігінің қимыл атауы.*

**АҚКӨЗДІ** сын. *Есер, ашуға бой алдырғыш.*

**АҚКӨЗДІК** зат. *Даңғойлық, дарақылық.*

**АҚКӨЙЛЕК** зат. жерг. *Бидайдың қабығы, қауызы.*

**АҚКӨКІРЕКТІК** зат. жерг. ***Ақкөңілділік.***

**АҚКӨҢІЛ** сын. *Ашық-жарқын, адалниет, ілтипатты. // Ашық мінезді, арамдығы жоқ, адал адам.*

**АҚКӨҢІЛДІ** сын. сөйл. ***Ақкөңіл.***

**АҚКӨҢІЛДІЛІК** зат. **1**. *Басқалармен қарым-қатынаста ізгі ниеттілік, шынайы ті-*

*лектестік, ілтипаттылық танытатын адам мінезі.* **2**. *Сенгіштік, аңғалдық.*

**АҚКӨРПЕ** зат. жерг. *Көрпеге кигізетін тыс (сейсеп).*

**АҚКӨТ: аққөт торғай**. сөйл. *Бір орнында тұрмай, құйрығын шошаңдата беретін құс.*

**АҚКӨШ** зат. этн. *Топтанып ойнайтын қазақтың ұлттық ойынының бір түрі.*

**АҚКҮЙЕ** зат. хим. *Аморфты кремний қос тотығы (S:O2), майда дисперсті ұнтақ зат.*

**АҚКІС** зат. зоол. <лат. mustela erminea> *Түсі ақ, құйрығының ұшы қара, терісі бағалы сусар тұқымдасына жататын кішкене жыртқыш аң.*

**АҚҚАБАҚ: аққабақ сайрауық**. зоол. *Сайрауық тұқымдасына жататын шағын орман құсы.*

**АҚҚАБЫҚ: аққабық жүзген.** өс. <лат. leucocladum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**АҚҚАЗ** зат. зоол. <лат. anser caerulescens> *Қаз тәріздiлер отрядына жататын ақ түсті құс.*

**АҚҚАЙНАР** зат. тамақ. <франц. champagne> *Жүзімнің арнайы сорттарынан ашытылып, көмірқышқыл газымен қанықтырылған көпіршікті жүзім шарабы.*

**АҚҚАЙРАҚ** зат. өс. <лат. andromeda> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, жапырақтарының астында ақ жолақтары бар шөптесін өсімдік.*

**АҚҚАЙРАН** зат. зоол. <лат. leuciscusidus> *Басы кішкентай, сүйегі аз, етті, тұқы тұқымдасына жататын тұщы су балығы.*

**АҚҚАЙЫҢ**[1] зат. өс. **1**. *Қабығы ақ, жапырағы жүрек тәрізді, бұтағы төмен салбырай өсетін ағаш.* **2**. <лат. betula alba> *Жапырағы сабаққа кезек орналасқан қабығы ақ, қайың тұқымдасына жататын ағаш.*

**Аққайыңды сауғанда.** тар. *Жеуге малы қалмаған қазақ қайыңды шауып, сөлін ішкен естен кетпес қатты жұт, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болғанда [Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама – 1723–1729 жылдардағы жоңғар шапқыншылығына ұшырап, елінен, жерінен айырылған қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең].*

**АҚҚАЙЫҢ**[2] зат. өс. сөйл. ***Айқайың***.

**АҚҚАЛА** зат. **1**. *Қардан қаланып тұрғызған пана, тосқауыл, қоршау, ықтасын.* **2**. *Қардан жасалған түрлі мүсін.*

**Аққала соқты**. а) *Қардан пана, қоршау, ықтасын қалады.* ә) *Қардан түрлі мүсін жасады.*

**АҚҚАЛАДАЙ** сын. *Аққала сияқты, аққала тәрізді.*

**АҚҚАЛАҚ** зат. зоол. <лат. mustelanivalis> *Қысқы жүні шымқай ақ, жазда арқа жағының жүні қызыл қоңыр немесе қара бурыл, бүйірі қара, бауыры ақ болып келетін, сусар тұқымдасына жататын кішкентай жыртқыш аң.*

**АҚҚАЛПАҚ** зат. этн. *Қара барқыт немесе қара пүлішпен әдіптеліп, төбесі төрт сай болып тігіліп, тігісі қара жібек жіп немесе қара барқыттан шыралжың салынып көмкерілетін ақ қозының күзем жүнінен, кейде түбіт араластырып басқан жұқа киізден жасалған маусымдық бас киім түрі.*

**АҚҚАН** зат. мед. <грек. leukos> *Қандағы ақ түйіршіктердің көбеюімен байланысты туындайтын ауыр науқас, лейкоз.*

**АҚҚАНАТ: аққанат бозторғай**. зат. зоол. <лат. melanocorypha leucoptera> *Бозторғайлар тұқымдасына жататын, бауыры ақ, қанатының үстіндегі ұсақ жамылғы қауырсындары мен төбесі сары келген кішкене құс.*

**АҚҚАҢБАҚ** зат. өс. <лат. gypsophila> *Мал жемейтін, тек гүлдеген кезде түйе ғана аздап жейтін, дәрілік, әрі илік қасиеті бар, тамырын сабын жасауға пайдаланатын қалампыр тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚҚАПТАЛ**[1] зат. зоол. <лат. dendrocopos leucotos> *Тоқылдақтәріздiлер отрядына жататын, ұзын, мықты тұмсығымен ағаштың қабығын тесіп, жәндіктермен қоректенетін арқасы ақ құс.*

**АҚҚАПТАЛ**[2] сын. **1**. *Жауыры жазылғаннан кейін арқасына ақ жүн шыққан (жылқы немесе түйе).* **2**. жерг. *Әккі, тәжірибелі, ысылған, көрген, түйгені мол (адам). // Арқасына, қапталы мен қабырға тұсында жазылған жауырынан қалған ақ түсті дағы бар жұмыс, жегін, мініс көлігі.*

**АҚ-ҚАРА** зат. **1**. *Ақ, қара түсті.* **2**. ауыс. *Істің ақиқаты, өтірік-шыны, жалған-расы, адал-арамы, оң-терісі.*

**Ақ-қараны [ақ, қараны] айырды**. а) *Хат танады, сауатын ашты.* ә) *Істің оң-терісін, дұрысы мен қисығын, жақсы-жаманын танады.* **Ақ-қараны [ақты-қараны] таныды**. *Жақсы-жаманды айырды, оң мен солын таныды, көзі ашылды.* **Ақ-қарасын ажыратты**. *Істің дұрысы мен бұрысын, жөнін, мәселенің мән-жайын дұрыс анықтап түсіне білді.*

**АҚҚАРАҒАЙ** зат. өс. <лат. abies semenovil> *Майқарағай туысына жататын, биіктігі отыз бес метрдей болатын ашық тұқымды, мәңгі жасыл, сүректі ағаш.*

**АҚҚАРАҒАН** зат. өс. <лат. acacia> *Қарағанның гүлі ақ, хош иісті болып келетін түрі; «акация».*

**АҚҚАРҚАРА** зат. зоол. <лат. ergettaalba> *Ләйлектәріздiлер отрядына жататын ірі, қауырсыны шымқай ақ түсті құс, аққұтан.*

**АҚҚАС** од. этн. *«Денің сау болсын, ауырма, аман бол!» деген мағынаны білдіретін түшкіргенде айтылатын тілек сөз.*

**АҚҚАТ** зат. өс. *Қарақат туысына жататын, жемісі ақшыл түсті бұталы өсімдік түрі.*

**АҚҚАТПА** зат. вет. *Қойдың ұлтабарында болатын құрт.*

**АҚҚОБАҢ** зат. кәс. *Бидайдың дәні ірі, өңі ақ сорты.*

**АҚҚОДАЛ** зат. өс. <лат. primulaceae> *Көпжылдық немесе біржылдық шөптесін, кейде бұта өсімдіктер тұқымдасы.*

**АҚҚОЙ** зат. малшар. *Жүні қалың, ақ түсті, көбінесе Қазақстанның солтүстігі, солтүстік-шығыс аймақтарында кеңінен өсірілетін уақ мал түрі.*

**АҚҚОЛ: аққол ана.** этн. *Ел ішінде көп бала тапқан, босану мен жүктіліктің қыр-сырын меңгерген әйелдерге жүктелетін босандыру қызметін атқарушы тәжірбиелі әйел.*

**АҚҚОЛТЫҚ**[1] зат. этн. *Соңғы алған ең жас әйел.*

**АҚҚОЛТЫҚ**[2]**: аққолтық ат**. *Көп мінілген, жарамды ат.*

**АҚҚОҢЫРБАС** зат. өс. <лат. lyeucopoa griseb> *Қоңырбастар тұқымдасына жататын, ақ түсті, жабайы жемдік дақыл.*

**АҚҚОРҒАСЫН** зат. өс. жерг. ***Бәрпі***.

**АҚҚОЯН** зат. зоол. <лат. lepus timidus> *Жазда жүні сұрғылт қоңыр, салқын түссе, аппақ болып түлейтін, қоянтәріздiлер отрядына жататын кеміруші, сүтқоректі аң.*

**АҚҚУ**[1] зат. **1**. *Ұзын мойынды, ақ қауырсынды, өте сымбатты құс.* **2**. зоол. <лат. cugnus> *Үйрек тұқымдасына жататын, көбінесе қауырсыны шымқай ақ түсті болатын үйрек.* **3**. этн. *Байырғы түркі халықтарында тотемдік мәні болған, дәстүрлі қазақ қоғамында киелі саналатын құс.*

**Аққу бөрік.** этн. *Аққу терісінің тұтас сыдырылған түріндегі және аққу мамығынан тігілген бақсы мен дуананың айырықша белгісін көрсететін, әдетте бақсы – ойнайтын, дуана сәуегейлік жасайтын кезде киілетін бас киім түрі.* **Аққудың көгілдірі**. *Аққудың балапаны.* **Аққудың терісін басына киді**. миф. *Кей жағдайда бәле-жаладан сақтайды деген байырғы кездегі нанымға байланысты ырымды білдіреді.* **Аққудың саңқылы**. *Аққудың даусы.* **Аққу құстай**. бейне. *Нәзік, сұлу, әсем.* **Аққу мойын**. поэт. *Кеудесі тік, сұңғақ мойын.*

**АҚҚУ**[2] зат. астр. <лат. cygnus> *Аспанның солтүстік жартышарындағы «Құс жолының» тұсынан байқалатын шоқжұлдыз.*

**АҚҚУГҮЛ** зат. өс. сөйл. ***Ақтұңғиық***.

**АҚҚУДАЙ** сын. *Аққу сияқты, аққу тәрізді.*

**Аққудай саңқылдады**. бейне. *Ашық үн, кең дауыспен сөйледі.*

**АҚҚУДАЙЫН** сын. фольк. ***Аққудай***.

**АҚҚУ-ҚАЗ** зат. *Су құстары.*

**АҚҚУЛЫ** сын. *Аққу жайлаған, аққуы көп.*

**АҚҚУОТЫ** зат. өс. сөйл. ***Ақ суоты.***

**АҚҚУ-ӨЛЕҢ** зат. поэт. *Махаббат әні, сүйіспеншілік әуені.*

**АҚҚУРАЙ** зат. өс. <лат. psoralea> **1**. *Бұршақ тұқымдасына жататын, ұсақ, қызғылт гүлдері бар, тамыры тереңге кететін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2**. ауыс. *Аққурайдан жасалған сыбызғы.*

**АҚҚУША** үст. *Аққу тәрізді, аққуға ұқсап.*

**АҚҚҰБАҢ** зат. кәс. ***Аққобаң***.

**АҚҚҰЙРЫҚ**[1] зат. сөйл. *Байырғы кездегі ақшаның халықтық атауы.*

**АҚҚҰЙРЫҚ**[2]**: аққұйрық шай**. *Сапасы жоғары шайдың халық аузындағы аты.*

**АҚҚҰЙРЫҚ**[3]... *Құйрығы ақ болып келетін жануарлардың күрделі атауының құрамдас бөлігі.*

**Аққұйрық бұғы**. зоол. <лат. odacoileus virginianus> *Ашатұяқтылар отрядына жататын орташа денелі, бұғаларында тармақтанған сүйекті бітеу мүйізі болатын жануар; виргиния бұғысы.* **Аққұйрық құс**. сөйл. зоол. <лат. tringsochropus> *Тамағы мен бауыры және құйрық қауырсындарының біраз жері ақ, балықшылар отрядына жататын кішкене құс.* **Аққұйрық субүркіт**. зоол. <лат. haliagetus albicilla> *Сұңқар тәрізділер отряды қаршыға тұқымдасына жататын, құйрығы ақ, жыртқыш құс.*

**АҚҚҰЙРЫҚ**[4]**: аққұйрық боран.** *Құрғақ аязды күні қарды ирелендете, бұраландата соғатын боран.*

**АҚҚҰЙЫН** зат. *Қар, шаң боратып, қатты соққан құйын.*

**АҚҚҰЛА**[1] үст. **1**. *Бекерге, босқа, зая.* **2**. *Ерекше, өзгеше, айрықша.*

**АҚҚҰЛА**[2] зат. этн. көне. *Қырман қабылдау кезінде диқанның жоқ-жітік, кедей-кембағал жандарға тегін үлестіретін сыбағасы, бөлігі, кеусен.*

**АҚҚҰЛА**[3] сын. көне. *Танымайтын, жат*.

**АҚҚҰЛАҚ**[1] зат. зоол. *Аққалақ (қысқы жүні шымқай ақ, терісі қымбат, сусар тұқымдасына жататын кішкентай жыртқыш аң).*

**АҚҚҰЛАҚ**[2] зат. жерг. *Уақ малда болатын жара, қотыр.*

**АҚҚҰЛАҚ**[3]**: аққұлақ шелек.** жерг. *Айран, сүт және т. б. құятын ағаш шелек.*

**АҚҚҰМАН** зат. *Шай шығаратын көлемі шәугімнен кіші ыдыс, шәйнек.*

**АҚҚҰМЫРСҚА** зат. зоол. <лат. isoptera> *Жәндіктер тобының терміттер отрядының өкілі.*

**АҚҚҰР** зат. зоол. <лат. lagopus> *Тауықтәрізділер отрядына жататын, түсі жыл мезгіліне, тіршілік ететін жеріне сәйкес өзгеріп отыратын құс.*

**АҚҚҰРТ** зат. этн. вет. *Қой-ешкінің ішегінде кезедесетін құрттар тудыратын ауру.*

**АҚҚҰС** зат. жерг. *Иленген терінің майын алатын, етін түсіретін күйдірген әк, утас.*

**АҚҚҰТАН** зат. зоол. <лат. egretta alba> *Сидамсирақтылар отрядының құтандар тұқымдасына жататын ірі су құсы.*

**АҚҚЫЛТАН** зат. өс. <лат. nardurus> *Қатты, түкті жапырақтары бар, астық тұқымдасына жататын, құм тоқтатуға өсірілетін шөптесін өсімдік.*

**АҚҚЫШ** сын. *Ағып түскіш, ағу қабілеті бар.*

**АҚҚЫШТЫҚ** зат. физ. *Денелердің кернеу (қысым) түсу әсерінен пластикалық түрде немесе тұтқырланып деформациялану қасиеті, тұтқырлыққа кері шама.*

**АҚЛАҚ** зат. этн. *Ыстық ақ ірімшікке сарымай немесе қаймақ құйып қайнатып, араластырып әзірлейтін тағам.*

**АҚЛӘЙЛЕК** зат. зоол. <лат. ciconiaciconia asiatica> *Құтантәрізділер тұқымдасына жататын ақ түсті, сидам сирақты, ұзын мойын, тұмсықты құс.*

**АҚЛИЯ** зат. ескікіт. *Ақыл, өнеге.*

**АҚМАЛ** зат. этн. *Қыста да қарды теуіп, жайылып, азығын тауып жей алатын болғандықтан, төрт түлік малдың ішіндегі жылқының жалпылама атауы.*

**АҚМАМЫҚ** зат. өс. <лат. puccinella> *Құрғақшылыққа төзімді, тамырынан дәрі жасалатын астық тұқымдасына жататын өсімдік.*

**АҚМАРАЛ** зат. зоол. <лат. cervus elaphus> *Ашатұяқтылар отрядына жататын аңның бір түрі; сәнді марал.*

**АҚМАРАЛДАЙ** сын. *Ақмарал сияқты сымбатты, келбетті.*

**АҚМАРҚА** зат. зоол. <лат. aspius aspius> *Тұқы тұқымдасына жататын, еті майлы жыртқыш балық.*

**АҚМАРТУ** зат. көне. миф. *Жынның түрі.*

**АҚМАРТУЛЫ** сын. *Арқасы бар.*

**АҚМИЯ** зат. өс. <лат. goebelia, sophora> *Бұршақ тұқымдасына жататын ағаш не бұта түріндегі көпжылдық өсімдік.*

**АҚМҰРТ** зат. **1.** этн. *Аяқкиімнің керсен деп аталатын башпайды ұстап тұрған бөлігінің тұмсық жағына сәндік үшін қондырылған уз. 2-4 елі шамасындағы үшкіл формалы тілше, етік деталі.* **2.** жерг. *Етіктің ішкі ұлтаны, ішпек.*

**АҚМЫЛТЫҚ** сын. жерг. **1.** *Түзу мылтық.* **2.** ауыс. *Сөзуар, тілмар, айтқыш.*

**АҚНАБАТ** зат. өс. <лат. melo sativus> *Екпе қауын.*

**АҚНАУАТ** зат. өс. <лат. melo ameri> *Жұмсақ, тәтті ақ қауын түрі.*

**АҚНӘСІЛДІ** сын. *Терісі ақ түсті, еуропоидтық нәсілге жататын.*

**АҚНИЕТ** сын. *Ақжүрек, арамдығы жоқ. // Жақсы тілек, әрекет.*

**АҚНИЕТТІ** сын. *Ақжүректі, арамдықсыз, адал.*

**АҚОРДАШЫЛ** зат. саяси. жаңа. *Билікшіл, биліктегілерді жақтаушы, қолдаушы (Қазақстан билігі мағынасында).*

**АҚОТ** зат. өс. **1.** этн. *Қыратты, үстіртті, құрғақ жерлерде өсетін ақ түсті (көде, бетеге, бидайық, селеу т.б.) шөптердің жалпы аты.* **2.** сөйл. *Өлеңшөп туысы.*

**АҚӨЛЕҢ** зат. өс. сөйл. ***Аққайрауық.***

**АҚПА**[1] зат. жерг. **1**. *Ұшы сүйір таяқ.* **2.** *Алғашқы көбік қарда таяқ жүгіртіп ойнайтын ойын.*

**АҚПА**[2] зат. зоол. *Аквариумда өсірілетін, дене тұрқы 4-5 см балық.*

**АҚПА**[3] зат. кәс. *Үлкен өзендерде пайдаланылатын ау.*

**АҚПА**[4] зат. этн. *Қыстың соңын ала ақпан кезінде соғатын Арқадағы күшті боран.*

**АҚПА**[5] сын. **1**. *Ағатын, құйылатын, жылжымалы, көшпелі.* **2**. *Ұзақ шабысқа жарамайтын ушқыр, тыз етпе (жылқы).* **3.** *Сөзге жүйрік, шешен адам.*

**Ақпа ақын**. *Сөзге жүйрік, шешен, төкпе ақын.* **Ақпа жұлдыз**. астр. *Планеталар арасындағы кеңістіктен келген метеорлық дененің жер атмосферасына енуінен пайда болатын құбылыс.* **Ақпа құм**. геогр. *Бір орыннан екінші орынға ауысып жылжып отыратын көшпелі құм.* **Ақпа судай ағытты**. бейн. *Нақышына келтіріп айтты, төгілтті.*

**АҚПАДАЙ** сын. *Сөзге жүйрік, шешен, ушқыр деген мағынада.*

**АҚПАЙ-ТОҚПАЙ** үст. жерг. *Әй-шайға қарамай, табан астынан.*

**АҚПАҚҰЛАҚ** сын. *Ұмытшақ, есінде ешнәрсе тұрмайтын, ұқпайтын.*

**АҚПАЛАП** үст. *Ентелеп, ағылып.*

**АҚПАН** зат. *Қаңтардан кейінгі наурыздан бұрын келетін ай.*

**Ақпандағы алабас бураша**. *Келеге түсетін, әбден күйіне келіп жараған бура сияқты.* **Ақпандағы [қаңтардағы] бурадай.** поэт. *Келеге түсетін, әбден күйіне келіп, жараған бура сияқты.* **Ақпан желі**. *Суық жел.*

**АҚПАНА** зат. көне. *Науа; мал суаратын орын; суат.*

**АҚПАНДАЙ** сын. *Ақпан айына ұқсас, ақпан сияқты.*

**АҚПАНДАТ**= ет. сөйл. ***Борандату.***

**АҚПАН-ТОҚПАН** зат. этн. *Ақпан айында болатын үш-жеті күндік қатты суық, амал.*

**АҚПАР**[1] [ар. أخبار] зат. *Мәлімет, дерек.*

**Ақпар алып келді**. *Мәлімет, хабар жеткізді.* **Ақпар берді**. *Дерек келтірді, мәлімдеді, баяндады.* **Ақпар етті**. *Желеу етті, себеп, сылтау қылды.*

**АҚПАР**[2] зат. жерг. *Екпін, қарқын. // Ақпа, жүйрік (ат).*

**АҚПАРАТ** зат. **1**. *Дерек, хабар, мәлімет.* **2**. терм. ғыл. <лат. informatio> *Адамның немесе арнайы құрылғылардың қабылдауымен алынатын қоршаған орта және ондағы процестер жайындағы деректер.* **3.** жаратыл. *Табиғат пен қоғам нысандарының өзара қатынасында алмасып отыратын деректер жиынтығы.* **4**. инф. *Компьютерге енгізілетін, оның жадында сақталатын, қажет кезінде өңделетін және сыртқы ортаға берілетін мәліметтер.*

**Ақпарат агенттігі**. қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы, әлемдегі жаңалықтарды таратып отыратын ресми мекеме.* **Ақпарат ағыны**. *Айналадағы өмірден алынатын деректер мен хабардың легі, қозғалысы, қарқыны.* **Ақпарат кеңістігі [айдыны]**. *Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген мәліметтердің таралу аймағы.* **Ақпарат берді**. *Мәліметтермен таныстырды, істің мән-жайынан хабардар қылды.* **Ақпарат беруші**. терм. <ағыл. informator> а) *Білім немесе өндіріс саласында ақпараттық қызмет атқаратын маман.* ә) *Пайдаланушыға автоматтық түрде хабар жеткізетін жүйе.* б) *Қолданбалы бағдарламалар дестесінің құраушысы.* **Ақпарат білігі**. қоғ.-саяси. *Ақпарат құралдарының қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамдағы әртүрлі жағдайға әсер ете алу күші.* **Ақпарат көзі**. *Мәлімет алынатын бастау; хабарды дайындап таратушы.* **Ақпарат көлемі**. инф. <ағыл. information volume> *Ақпараттық іздестіру жүйесіне, сақтауыш құрылғыға және т. б. енгізілетін немесе шығарылатын ақпараттың салыстырмалы сандық сипаттамасы.* **Ақпарат қорғау**. а) құқық. *Ақпаратты жайылудан, ұрланудан, бұрмаланып өзгертілуден сақтау үшін қолданылатын кешенді шаралар.* ә) инф. *Мәліметтер өңдеу жүйесінде мәліметтер үшін белгіленген шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, хабарламалық және техникалық әдістер мен құралдар.* **Ақпарат қорғау жүйесі**. құқық. *Ақпарат қорғау бойынша жұмыс істейтін органдар немесе атқарушылардың, сонымен бірге олардың пайдаланатын ақпарат қорғау техникасы мен қорғаныш объектілерінің жиынтығы.* **Ақпарат қорғау құралдары**. тех. *Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қорғауға арналған техникалық, криптографиялық, бағдарламалық және басқа құралдар.* **Ақпарат құралдары**. *Бұқаралық ақпарат құралдары.* **Ақпарат мөлшерінің бірлігі**. инф. *Хабарламалардағы ақпарат мөлшерін анықтауға арналған бірлік.* **Ақпарат саясаты**. қоғ. *Мемлекеттік ұйымдардың қоғамдағы ақпараттар желісін дамытуға бағытталған реттеушілік қызметі.* **Ақпарат тарату**. *Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық-әлеуметтік мәні бар әртүрлі деректерді қалың жұртшылықтың назарына жеткізу.* **Ақпарат теориясы**. мат. *Математиканың ақпаратты сақтау, түрлендіру және тасымалдау әдістерін зерттейтін бөлімі, кибернетиканың маңызды саласы.* **Ақпараттың ескіруі.** инф. <ағыл. aging of the information> *Ақпараттың пәндік салада өзі бейнелейтін қалып-күйдің уақыт өте келе өзгеруіне байланысты практикалық құндылығынан айырылуы.* **Ақпаратты өңдеу**. инф. <ағыл. information processing> *Берілген бағдарлама арқылы қолдағы мәліметтер бойынша іздестіру, сұрыптау, талдау, жинақтау әрекеттерін орындау.* **Ақпаратты сақтау**. инф. <ағыл. Information storage> *Келешекте пайдалану мақсатымен ақпаратты қосалқы сақтауыш құрылғысы – магниттік таспаға немесе магниттік дискіге жазып қою.* **Ақпаратты іздестіру**. инф. <ағыл. information retrieval> *Сақталған ақпаратты алу және онымен жүзеге асырылатын негізгі операциялардың бірі.* **Ақпарат факторы.** экол. *Өмірлік маңызды хабардың коды ретінде көрінетін, сондықтан тіршілік иесіне тасымалдайтын заттек пен энергия ағынына барабар емес (бірнеше есе күштірек) әсер ететін фактор.*

**АҚПАРАТТАНДЫРУ** ет. **1**. *Сәйкес жүйе, құрылымға ақпаратты енгізу, қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету.* **2**. инф. < ағыл. informatization> *Адам қызметінің қоғамдық мәні бар барлық түрлерінде ақиқат білімдердің толық және дер кезінде пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру.*

**АҚПАРАТТАНУ** зат. инф. <ағыл. information> *Ақпаратты жинақтау, сақтау, іздеу, қайта өңдеу, түрлендіру, тарату және оны адам қызметінің әртүрлі саласында пайдалануға*

*байланысты мәселелерді зерттейтін ғылым саласы.*

**АҚПАРАТТЫҚ** сын. 1. *Деректер берілген, көрсетілген, ақпараты бар.* 2. *Ақпаратқа тән.*

**Ақпараттық база**. инф. <ағыл. information base> *Автоматтандырылған жүйелерде сыртқы тасуыштарда орналастырылған бағдарламалар мен компьютерде жұмыс істейтіндердің пайдалануына арналған мәліметтер жиынтығы.* **Ақпараттық бопса**. *Ақпарат құралдары арқылы күштеу, қорқытып-үркіту.* **Ақпараттық жасақтама**. инф. < ағыл. information support> *Автоматтандырылған жүйеде пайдаланылатын ақпаратты топтастыру мен кодтау жүйелерінің, құжаттаудың үйлестірілген жүйелері мен ақпарат жиымдарының біртұтас жиынтығы.* **Ақпараттық желі.** инф. *Коммуникациялық желі, мұнда ақпарат өнімді генерациялаушы, өңдеуші, сақтаушы және қолданушы ретінде болады.* **Ақпараттық инфрақұрылым.** қоғ. *Ақпараттық индустрияның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, бірақ оның құрамына енбейтін шаруашылық салаларының жиынтығы.* **Ақпараттық қауесет.** *Сюжеттің анықтық дәрежесі мүлдем жалғаннан болмысқа біршама жақындыққа дейін болатын хабар түрі.* **Ақпараттық қоғам**. қоғ.-саяси. *Қызмет көрсету саласына, білім мен ғылымға жетекші орын беріліп, ақпарат саудасы әрекетінің негізгі нысаны болып табылатын қоғам дамуының жаңа кезеңі туралы концепция.* **Ақпараттық сала**. *Жаңалық, мәліметтерді таратуға қатысты әрекет аясы.* **Ақпараттық саясат.** саяси. *Қоғамда ақпараттар желісін дамытуға бағытталған мемлекеттік органдардың реттеушілік қызметі.* **Ақпараттық соғыс**. саяси-әск. *Қарсыласқа қарсы әрекетте өз әскері әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатымен басқару жүйесін жоспарлау мен реттеуді ұйымдастыруда ақпараттық ресурстарды жан-жақты есепке алу арқылы жүзеге асырылатын саяси қатынас, соғыс түрі.* **Ақпараттық технология**. *Ақпаратты алу, жинау, өңдеу, тарату және ақпарат құралдарын жетілдіру туралы білім, әдіс, амал-тәсілдердің жиынтығы.*

**АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ** сын. *Түсініктемелік сипаттағы әртүрлі деректер мен мәліметтер тән.*

**Ақпараттық-анықтамалық жүйе**. инф. *Интерактивті тәртіпте жұмыс істейтін және пайдаланушыларға анықтамалық сипаттағы мағлұматтар беретін автоматтандырылған деректер жүйесі.*

**АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ** сын. *Ақпарат беру арқылы үгіт жүргізуші сипаттағы.*

**АҚПАРАТТЫҚ-ІЗДЕСТІРУ: ақпараттық-іздестіру жүйесі**. инф. <ағыл. information storage and retrival system> *Пішімделген сұраным бойынша мәліметтерді сақтауға және іздестіруге арналған бағдарламалық жүйе.*

**АҚПАРАТХАТ** зат. *Адресатқа қандай да бір жайт немесе іс-шара туралы хабарлайтын қызметтік хаттың түрі.*

**АҚПАРЛА**= ет. *Хабарлау, мәлімдеу, білдіру.*

**АҚПАРЛАУ** *Ақпарла етістігінің қимыл атауы.*

**АҚПАТАЯҚ** зат. *Балалардың таяқпен соғып ойнайтын ойыны.*

**АҚПЕЙІЛ** сын. *Тілегі оң, ниеті адал.*

**Ақпейіл шал**. *Қарттыққа әдемі жеткен, жақсы қартайған ер адам.*

**АҚПИЯ** зат. өс. < лат. fritillaria> *Лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, секпілгүлдің бір түрі.*

**АҚРИБА** зат. ескікіт. *Туған-туыс.*

**АҚСА**= ет. 1. *Аяқтың жерге тең тимеуі, бірдей басылмауы, сылтып басу.* 2. ауыс. *Істе кемшілік болу, артта қалу.* 3. ауыс. *Адасу, жаңылысу, шатасу.* 4. ауыс. *Қол үзу, шаршау.*

**Ақсай басты [желді]**. *Аяғын сылтып басып жүрді.* **Ақсап қалды**. а) *Аяғы ауырып, басқызбай қалды, сылтып басты.* ә) *Артта қалды, бәсеңдеп қалды.*

**АҚСАБАҚТЫ: ақсабақты лаңса**. өс. <лат. echinops albicaulis> *Итсигек тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚСАЙИТ** зат. хим. *Бораттар тобына жататын минерал, магнийлі бораттың сулы тотығы (оксиді).*

**АҚСАҚ** сын. 1. *Аяғы кем, сылтыма.* 2. *Бір тіреуі жоқ, тіреуі бос.* 3. ауыс. *Қисық, шала.*

**Ақсақ ит жатып үреді.** *Ит қалай болса да, иттігін жасайтыны сияқты, жаман адам да жамандығын жасамай қоймайды.* **Ақсақ құнара.** этн. *Бір әрекеттің орындалу тәртібіне қатысты құнарадан өзгеше ұғым: құнарада іс бір күн орындалып, екінші күні орындалмаса, ақсақ құнарада — 2 күн қатарынан орындалып, үшінші күні орындалмайды, әдетте мал суғарудың тәсілі ретінде қолданылады.* **Ақсақ қойдай**. *Ақырындап, аяңдап, асықпай.* **Ақсақ қой қойға ермейді**. *Кемістігі бар адам өзгелермен тең жүріп-тұра алмайды.* **Ақсақ қой түстен кейін маңырайды**. *Мезгілінен кеш, дер уақытында емес, кеш қалу деген мағанада.* **Ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылды**. *Жайжапсарын білдірмеді, өтірікті жасырып, жалғанның қисынын келтірді.* **Ақсақ ұйқас.** әдеб. *Шумақтың бірінші жолы мен үшінші жолы, екінші жолы мен төртінші жолы ұйқасып келетін өлең өлшемі.*

**АҚСАҚАЛ** зат. 1. *Жасы үлкен, құрметті ер адам, қария.* 2. тар. *Байырғы қазақ қоғамында ел тағдырын шешуге араласқан жасы үлкен, ықпалды ер адам, ру басы.* 3. ауыс. *Тәжірибесі мол адам, өз ісінің шебері.*

**Ақсақалдар алқасы**. *Ақсақалдар кеңесі.* **Ақсақалдар кеңесі**. қоғ.-әлеум. *Жасы үлкен қадірменді соғыс және еңбек ардагерлерінің тұрақты жиыны, тобы.* **Ақсақал, қара сақал.** *Үлкен-кіші, түгел.* **Ақсақал шапан.** этн. *Ауылдың ең үлкен ақсақалына құдалары жағынан кигізетін сый шапан.*

**АҚСАҚАЛДАЙ** сын. *Білгені мол, тәжірибелі, қарт адамдай.*

**АҚСАҚАЛДЫ** сын. *Жасы үлкен қарты, ақылшы, қамқоршы қариясы бар.*

**АҚСАҚАЛДЫҚ** зат. 1. *Көпті көрген, көп жасаған адамға лайықтық, үлкендік.* 2. тар. *Жасы үлкен, беделді адамдардың, ел ішіндегі руды басқаруға негізделген байырғы қазақ қоғамындағы дәстүрлі тәртіп жүйесі.*

**Ақсақалдық дәуір.** этн. *Қазақтың билер дәуірі.*

**АҚСАҚАЛ-ҚАРАСАҚАЛ** зат. этн. *Елдің құрметті қариялары мен орта жастағы сыйлы ер-азаматтары.*

**АҚСАҚАЛШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Ақсақалдық***.

**АҚСАҚ-ТОҚСАҚ** сын. *Ауру-сырқау, кәрі-құртаң, кем-кетік. // Ауру-сырқау, кәрі-құртаң мал.*

**АҚСАҚТЫҚ** зат. 1. *Ақсап қалушылық, аяқтың кемдігі.* 2. ауыс. *Кемшілік, жетіспеушілік.*

**АҚСАМ** үст. сөйл. ***Ақшам***.

**АҚСАН** зат. сөйл. ***Ақсаң***.

**АҚСАҢ** зат. *Ақ түсті кездеме, сұпы, сұрып мата.*

**АҚСАҢДА**= ет. *Аяқты сылтып басып жүру.*

**АҚСАҢДАҚ**[1] зат. жерг. *Кешкі жарық, елең-алаң кез.*

**АҚСАҢДАҚ**[2] сын. сөйл. *Аты шулы, озып жүрген, саңлақ.*

**АҚСАҢДАТ**= ет. *Аяғын сылтып бастыру.*

**АҚСАҢДАТУ** *Ақсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСАҢЫРАУҚҰЛАҚ** зат. өс. <лат.litocybe sapida> *Агарика тұқымдасына жататын саңырауқұлақ.*

**АҚСАП-ТОҚСАП** үст. *Шаршап-шалдығып, аяғын әрең басып.*

**АҚСАРАҒАТ** сын. *Әділ, қара қылды қақ жарған.*

**АҚСАРБАС** зат. этн. *Қуанғанда, қорыққанда, қатерлі сырқаттан айыққанда, тілек тілегенде Құдайға құрбандық етіп арнайы шалынатын мал.*

**Ақсарбас айтты.** діни. *Ауырған кісінің айығуын, не сапар шегіп кеткен адамның аман-есен оралуын және т.б. тілеп, құрбандыққа мал атау.* **Ақсарбасқа бастыру.** этн. *Құрбандыққа шалу, ақсарбас шалу.*

**АҚСАРЫ**[1] зат. зоол. <лат. buteo buteo> *Сарғыш күңгірт дағы бар, бауыры қоңыркай дақты ақшыл, қанаты ұзын бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**Ақсары жуантамыр.** өс. <лат. inlera ochroleuca> *Биіктігі 60 см-дей, ұзынша жапырақтары қырлы, тік сабағының түбінде орналасатын көпжылдық өсімдік.*

**АҚСАРЫ**[2]**: ақсары жоңышқа**. өс. <лат. medicago ochroleuca> *Бұршақ тұқымдасына жататын жоңышқа туысының бір түрі, көпжылдық өсімдік.*

**АҚСАРЫЛАН**= ет. 1. *Ақшыл сары түс алу.* 2. ауыс. *Ақшыл тартып, өңі кіру.*

**АҚСАРЫЛАНУ** *Ақсарылан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСАРЫМСАҚ** зат. жерг. *Сарымсақ (айылжуа).*

**АҚСАРЫША** үст. *Ақсары сияқтанып, ақсарыға ұқсап.*

**АҚСАТ**= ет. 1. *Аяғын жаралап, сылтып басқызу.* 2. ауыс. *Артта қалдыру, әлсірету.*

**АҚСАТУ** *Ақсат етістігінің қимыл атауы.* 1. *Аяғын жарақаттау.* 2. ауыс. *Кеміту, мұқату, артта қалдыру.*

**АҚСАУ** *Ақса етістігінің қимыл атауы.* 1. *Аяғын сылтып басу, шойнаңдау.* 2. ауыс. *Артта қалу, дағдылы ырғағынан айырылу.*

**АҚСАТЫ** зат. зоол. *Қарақұс тәріздiлерге жататын жыртқыш құс.*

**АҚСАУСАҚ** сын. *Қара жұмыс істемеген, еңбекке үйренбеген. // Еңбекке бейімсіз, қара жұмыс істемеген адам.*

**АҚСЕКСЕУІЛ** зат. өс. <лат. haloxylon persicum> *Діңінің жуандығы 8-20 см, биіктігі 5 метрге жететін, бозғылт сұр қабықты, сүрегі қатты, салмағы ауыр сексеуіл туысына жататын бұта.*

**Ақселдір бөз.** *Ақ түсті жұқа мата.*

**АҚСЕЛЕУ** зат. өс. <лат. aristida pennata> *Түптеніп өсетін, селеу туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АҚСЕЛЕУДЕЙ** сын. *Үлпілдеген, нәзік, ақселеу тәрізді.*

**АҚСЕЛЕУЛІ** сын. *Ақселеуі бар, ақселеу басқан, ақселеуі көп өскен.*

**АҚСИ**= ет. 1. *Ауыздағы тістің жаппай көрінуі.* 2. жағымсыз. *Қатты ашуланғанда, ызаланғанда, өлім алдында, оқыс қимылдағанда және т.б. жағдайларда ашылған аузынан тістердің ырсиып шығып көрінуі.* 3. *Жараланған жерден сүйектің ырсиып көрінуі.*

**Ақсия күлді**. *Аузын кең ашып, тістерін көрсетіп күлді.*

**АҚСИРАҚ** зат. жерг. *Малдың қырылып, жұтауы.*

**Ақсирақ жұт**. *Малды тігерге тұяқ қалдырмай, түгел қырып кететін үлкен жұт.*

**АҚСИРАҚТАН**= ет. *Шөптің құрап, қатаюы.*

**АҚСИРАҚТАНУ** *Ақсирақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСИТ**= ет. *Тістерін жарқыратып көрсету.*

**АҚСИТУ** *Ақсит етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСИЮ** *Ақси етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСОРА** зат. бот. <лат. suaeda> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық бұта немесе бұташық өсімдіктер туысы.*

**АҚСОРПА** зат. тамақ. **1**. *Сүзбе, қатық, құрт езіп қосқан сорпа.* **2**. *Бір рет пісірілген еттің сүйегін қайта қайнатқанда шығатын сорпа.*

**АҚСӨҢКЕ** сын. *Саңғырап кепкен, аппақ болған, қуарған. // Қуарған бұтақ, тал т.б. бос ағаш.*

**АҚСУ[1]** зат. *Қайнаған құр су.*

**АҚСУ[2]** зат. геогр. этн. *Таулы, қыратты жерлердегі мұздақтардан ағатын ағыны қатты су.*

**АҚСҰЛАМА** зат. зоол. <лат. paludicola> *Жалпақ құрттар типінің кірпікшелі құрттар класының бір өкілі.*

**АҚСҰҢҚАР** зат. **1**. саят. *Алғыр, қарулы жыртқыш құс.* **2**. зоол. <лат. falco ruticolus> *Сұңқар тұқымдасына жататын, арқасы көкшіл сұр, бауыры ақшыл, кейбіреулері шымқай ақ түсті, жұптасып тіршілік ететін, ұябасарының салмағы ауырлау келетін жыртқыш құс.* **3**. ауыс. экспр. *Ержүрек азамат, батыр адам, жауынгер.*

**Ақсұңқардың баласы**. а) *Алғыр, қарулы жыртқыш құстың тегі.* ә) *Бойында тектіліктің белгісі бар сұлу.* **Ақсұңқар құс**. а) *Қарулы, алғыр жыртқыш қыран құс.* ә) *Ержүрек азамат, батыр адам.* **Ақсұңқар құстай түледі**. поэт. *Қанаты қатайып, ақылы толысып, ержетті.* **Ақсұңқар ұядан [қолдан] ұшты**. экспр. *Текті, сыйлы, қадірменді ер-азамат қайтыс болды деген мағынада.*

**АҚСҰҢҚАРДАЙ** сын. **1**. *Алғыр, жыртқыш құс сияқты.* **2**. ауыс. *Кербез, сырбаз, маңғаз.*

**Ақсұңқардай саңқылдады**. бейн. *Кең, ашық дауыспен сөйледі.*

**АҚСҮП** зат. жерг. *Ақзон, ақ сиса.*

**АҚСҮЙЕК[1]** зат. **1**. қоғ.-әлеум. *Хан, сұлтандар тұқымы, тектілер.* **2**. тар. <грек. aristokrat> *Ертеректегі қазақ қоғамындағы дәстүр бойынша халыққа үстемдік етуші айрықша құқықтар мен артықшылықтарға ие болған таңдаулы әулет өкілдерінен тұратын әлеуметтік топ.*

**АҚСҮЙЕК[2]** зат. этн. **1**. ойын. *Ку сүйекті лақтырып-тауып айлы түнде ойнайтын жастар ойыны.* **2**. *Ақсүйек ойынында лақтыратын қу сүйек.*

**АҚСҮЙЕК[3]: ақсүйек болды**. *Жұттан мал қырылып қалды.*

**Ақсүйек қылды**. *Жұт әкелді, күйзелтті, титықтатты.*

**АҚСҮЙЕКТІК** зат. *Ақсүйекке тән болмыс, тектілік.*

**Ақсүйектік мінез.** *Тектілік, бекзаттық қасиет, мінез-құлық.*

**АҚСҮЙЕКШІЛ** сын. *Ақсүйекті жақтайтын, қолдайтын.*

**АҚСҮТТЕН**= ет. кәс. **1**. *Дәнді дақылдың бас алуы.* **2**. ауыс. *Таң алдында төңіректің бозғыл тарта бастауы.*

**АҚСҮТТЕНУ** *Ақсүттен етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСЫН**= ет. жағымсыз. *Өзін кінәсіз, айыпсыз, таза етіп көрсетуге тырысу.*

**АҚСЫНУ** *Ақсын етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСЫРА**= ет. сөйл. *Ақ ішкісі келу, сүтті тағамды сағыну.*

**АҚСЫРАУ** сөйл. *Ақсыра етістігінің қимыл атауы.*

**АҚСЫРМАЛДЫ** сын. көне. *Сырмалы астары бар (қасиетті).*

**Ақсырмалды сауыт.** этн. көне. *Сырмалы астары бар сауыт.*

**АҚСІРНЕ** зат. тамақ. *Картоп, қызылша, жүгері крахмалдарын гидролиздеп, қышқылдармен ерітінділеп, тазалап, сүзіп алатын шырын.*

**АҚТА[1]**= ет. **1**. *Әктеу, ағарту, әк жағу.* **2**. ауыс. *Кір жұқтырмау, шәк келтірмеу, ара түсу, кінәсіз деп санау, жақтау.* **3**. *Жақсылығына жақсылық істеу, борышын, еңбегін өтеу.* **4**. *Қандай да бір атқа сәйкес болу, атын адалдау, лайық екенін көрсету.*

**АҚТА[2]**= ет. кәс. **1**. *Дәнді дақылды қауызынан тазарту.* **2**. *Ұсақ заттарды екшеу, електен өткізу.*

**АҚТА[3]**= ет. **1**. *Бір орнында отыра алмау, тұрақтамай ел кезіп кету.* **2**. *Ел-елді аралап қайыр сұрау, күнін көру.* **3**. *Жер-жерді шарлау, ел аралау.*

**АҚТА[4]**= ет. малшар. *Кестіру, тарттыру, піштіру.*

**Ақта қылды**. *Піштірді, кестірді.* **Ақта өгіздей**. *Піштірілген өгіздей.*

**АҚТАБАН[1]** зат. **1**. *Қарулы, мініс ат.* **2**. ауыс. *Тәжірибелі, әбден машықтанып төселген адам.* **Ақтабан ат.** этн. *Қысқа шақырым бәйгеге қосуға, қашаған ұстауға, саяқ қайтаруға, асау үйретуге қолайлы жүрісі елгезек, тыз етпе, еті бірден қызатын жүйрік ат.*

**АҚТАБАН[2]** зат. өс. <лат. parabramis pekinensis> *Бауыры ақ түсті табан балықтың бір түрі.*

**АҚТАБАН[3]** сын. көне. *Мал-мүліксіз кедей.*

**Ақтабан болды**. *Қатты жұтқа ұшырады, арып-ашты, табанынан таусылды.* **Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама.** тар. *Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған (1723 ж.) қазақ елінің жерінен ауып, босқын күйге ұшырауын бейнелейтін тұрақты тіркес.*

**АҚТАБАН[4]: ақтабан етік.** этн. *Табанына ақ түсті сапасы төмен ұлтан салынған ер адамның қисық табан аяқкиімінің атауы.* **Ақтабан сойыл**. *Көп ұсталған, қолдың табы түскен шоқпар.*

**АҚТАҒЫР** зат. жерг. *Екі қанатты, екі үзікпен жабылатын киіз үйдің шағын түрі.*

**АҚТАЙҒАҚ** зат. этн. вет. *Қой, ешкі және сиыр тұлғінде кездесетін індет атауы.*

**АҚТАЛ** зат. зоол. <лат. salix viminales> *Биіктігі он бес-жиырма метр, бұтақ шоғыры жайқалып тұратын тал тұқымдасына жататын ағаш түрі.*

**АҚТАЛ**= ет. сөйл. **1**. *Әктелу, әк жағылу.* **2**. құқық. *Жазықсыз тағылған кінәсінің алынып тасталуы.* **3**. *Өзінің кінәсіздігін айтып, дәлелдеу, түсіндіру.* **4**. *Арман, тілегі, күткені орындалып, еңбегінің өтелуі.*

**АҚТАЛАУ** ет. этн. ***Ақта[4], ақтау[2]***.

**АҚТАЛУ** *Ақтал етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Өзінің кінәсіз санайтынын дәлелдеу, айыбы жоқтығын түсіндіру.* **2**. *Өтелу, құны қайтарылу.* **3**. *Қандай да бір атқа, жүктелген міндетке, талапқа лайықталу.*

**АҚТАЛУШЫ** зат. заң. *Сот талқылауы бойынша ісіне қатысты ақталу үкімі шығарылған жауапқа тартылушы.*

**АҚТАМАҚ[1]: ақтамақ гүл**. өс. <лат. philadelphus schrenhii> *Тасжарған тұқымдасына жататын, әсемдік үшін өсірілетін гүлді өсімдік; ақ жұпар.*

**АҚТАМАҚ[2]** зат. этн. *Сиырдың бір жастан үш жасқа жетпеген ұрғашысы.*

**АҚТАМЫР[1]** зат. анат. *Сарысу тамырлары (лимфа тамыры).*

**АҚТАМЫР[2]** зат. этн. ***Ақбез***

**АҚТАН[1]**= ет. сөйл. ***Ақталу***.

**Ақтан келді.** діни. *Аян берді.*

**АҚТАН[2]: ақтан болды**. *Белгілі, әйгілі болды.*

**Ақтандыр бие**. *Сүтсіз бие.*

**АҚТАҢДАҚ** зат. мед. <лат. vitiligo> **1**. *Бетке не басқа да дене бөліктеріне ала-ала боп түсетін тері ауруы.* **2**. *Қоңыр, қара т.б. түске ойдым-ойдым, теңбіл-теңбіл ақ араласқан түс атауы.* **3**. *Таң атып келе жатқандағы немесе күн батып бара жатқан кездегі бозарыңқы шақ.* **4**. тар. *Белгісіз, ұмыт болған қандай да бір саяси, тарихи себептермен зерттелмей қалған қоғамның тарихындағы кезең, құбылыс және т.б.*

**АҚТАҢДАҚТАН**= ет. **1**. *Теңбілдену, бозару.* **2**. *Таңның бозарып атып келе жатуы.*

**АҚТАҢДАҚТАНУ** *Ақтаңдақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАҢКЕР** сын. *Жылқының таңындағы ақшыл белгімен байланысты қалыптасқан түс.*

**Ақтаңгер шебер**. *Майталман ұста, қолынан өнері тамған адам.*

**АҚТАҢЛАҚ** зат. сөйл. ***Ақтаңдақ***.

**АҚТАР**= ет. **1**. *Бір нәрсенің ішін түгел ашып қарау, бір нәрсені іздеу.* **2**. *Қопару, қазу.* **3**. *Кітап, дәптер, альбом және т.б. қағаздардың ішін, арасын ашу.* **4**. *Ыдыстың ішіндегі нәрсені төгу, төңкере салу, қотару.* **5**. ауыс. *Біреудің ойындағысын аңғару, білу.* **6**. ауыс. *Іштегі мұңзарын, жан-күйін сыртқа шығару, айту.*

**АҚТАРҒЫШ** сын. **1**. *Ашып қарайтын, қопарғыш.* **2**. ауыс. *Шынын жасырмай барын жайып салатын (адам).*

**АҚТАРҒЫШТА**= ет. **1.** *Қайта-қайта аударып-төңкеру.* **2**. ауыс. *Тергіштеу, терген қазбалау.*

**АҚТАРҒЫШТАУ** *Ақтарғышта етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАРМАЛА**= ет. малшар. *Мал сойғанда ішін жарып, ішек-қарнын, өкпебауырын бөліп алу.*

**АҚТАРМАЛАТ**= ет. *Ішін түгел шығартып, бөліп алғызу.*

**АҚТАРМАЛАТУ** *Ақтармалат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАРМАЛАУ** *Ақтармала етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАРТ**= ет. *Іші-сыртын түгел қарап сыртқа шығарту.*

**АҚТАРТУ** *Ақтарт етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАРУ** *Ақтар етістігінің қимыл атауы; қопару.*

**АҚТАРЫ** зат. өс. *Тарының ерте пісетін түрі.*

**АҚТАРЫЛ**= ет. **1**. *Ішіндегі заттың, судың т.б. лақ етіп, қотарыла төгілуі; шашылуы.* **2**. *Аударыстырылу, қопарылу.* **3**. ауыс. *Іштегі ойдың түгел сыртқа шығарылуы.*

**Ақтарыла қуанды**. *Есі шығып қуанды, мәзмәйрам болды.* **Ақтарылып сөйледі [айтты]**. *Еркін, көсіле сөйледі.*

**АҚТАРЫЛҒЫШ** сын. *Аңқылдақ, аңғал, барын айта салатын.*

**АҚТАРЫЛУ** *Ақтарыл етістігінің қимыл атауы; ашу, ой-сырдың сыртқа шығарылуы.*

**АҚТАРЫП-ТӨҢКЕР**= ет. **1**. *Астын-үстіне шығарып, түк қоймай түгел қарау.* **2**. ауыс. *Өткен-кеткенді тексеру, анықтау.*

**АҚТАРЫС**= ет. **1**. *Аударыстыру, іздестіру.* **2**. ауыс. *Іштегі ойларын айтысты, сырласты.*

**АҚТАРЫСТЫР**= ет. *Аударыстыру, сапырыстыру, іздестіру.*

**АҚТАРЫСТЫРУ** *Ақтарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАРЫСУ** *Ақтарыс етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАС** зат. жерг. ***Әк***.

**АҚТАС**= ет. *Сөйлесіп ақталысу, ашылысу.*

**АҚТАСПА** зат. өс. <лат. astragalus brachypus> *Биіктігі 30-90 см-дей, шөл-шөлейтті, құмды жерлерде өсетін бұршақ тұқымдасы, таспа туысына жататын өсімдік түрі.*

**АҚТАСПАШӨП** зат. өс. <лат. astragalus-cognatus> *Бұршақ тұқымдасы, таспа туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.*

**АҚТАСУ** *Ақтас етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАТ**[1]= ет. *Ағартқызу, әктету.*

**АҚТАТ**[2]= ет. *Піштірту, кестірту.*

**АҚТАТУ** *Ақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚТАТЫР** зат. *Жазық сазды жер.*

**АҚТАУ**[1] *Ақта етістігінің қимыл атауы.* **1**. сөйл. *Үйді әктеу, тазарту.* **2**. *Жақтау, дұрыс деп танып қолдау.* **3**. *Өзін кінәсізден көрсету, кір жуытпау, өз кемшілік, кінәсін жасырып, шәк келтірмеу.* **4**. құқық. *Қылмыс уақиғасы айқындалмаған, сотталушының әрекетінде қылмысты құрайтын нышандар болмаған немесе оның қылмыс істеуге қатысқандығы дәлелденбеген кезде шығарылатын сот үкімі.*

**АҚТАУ**[2] *Ақта*[4] *етістігінің қимыл атауы; құтпан малды аталық қуатынан қан шығармай айыру, пішу.*

**АҚТАУҚАЛАҚАЙ** зат. өс. <лат. lamium album> *Қалақайлар тұқымдасы тауқалақайлар туысына жататын өсімдік түрі.*

**АҚТАУШЫ** зат. **1**. сөйл. *Әктеуші, үйді ағартушы.* **2**. *Жақтаушы, сөзін сөйлеуші.* **3**. заң. *Қорғаушы, адвокат.*

**АҚТАЯҚ**[1] зат. көне. *Ханның, патшаның шабарманы.*

**АҚТАЯҚ**[2] зат. жерг. *Мұрап.*

**АҚТАЯҚ**[3] зат. кәс. *Балықты аудан сүзіп алатын құрал, сүзекі, сүзгі.*

**АҚТАЯУ** зат. кәс. ***Ақтаяқ***[3] *(балықты аудан сүзіп алатын құрал).*

**АҚТЕҢГЕ** зат. бейн. *Адал, еңбекпен табылған ақша, мал, мүлік*

**АҚТЕРЕК** зат. өс. <лат. populus alba> *Талдар тұқымдасы, терек туысына жататын қабығы ақшыл өсімдік.*

**АҚТИІН** зат. зоол. <лат. siurus vulgaris> *Сусарлықтар тұқымдасына жататын терісі құнды жыртқыш аң, ақ түсті тышқан.*

**АҚТОҒАН** зат. *Қатты тасыған өзен суынан бөлініп қалған, бірақ тасқын қайтса да, өзенмен арасы қосылып жататын қобы су.*

**АҚТОҚАЛ** зат. өс. *Арпа, бидайдың қылтансыз түрі.*

**АҚТОН** зат. сөйл. *Бидайдың қабығы, қауызы.*

**АҚТОПАЛАҢ** зат. вет. <enterotoxemia> *Көктемде және күзде ұсақ малда кездесетін жұқпалы ауру, жас қойдың улану салдарынан аузынан көбік ағып, аяқ асты өле салатын індет; секіртпе.*

**АҚТОРТА** зат. жерг. **1**. ***Аққайран***. **2**. ауыс. *Денесі ақ, сұлу әйел.*

**АҚТОРЫҚ** зат. тар. этн. *Патшалық Ресей кезінде Ертіс жағалауындағы әскерилер есебіне берілген жерлеріндегі қазақтар жалға алып пайдаланатын, қазақ ауылдары түтін басына 40-50 тиын мөлшерінде салым төлеп тұрған жайылым.*

**АҚТҰЗДЫҚ** зат. этн. тамақ. *Айран, қатық, іркіттен жасалатын тұздық.*

**АҚТҰЙҒЫН** зат. зоол. <лат. falco peregrinus> *Қаршыға тұқымдасына жататын алғыр, жыртқыш құс.*

**АҚТҰЙҒЫНДАЙ** сын. *Ақтұйғын сияқты, ақтұйғын тәрізді.*

**АҚТҰМСЫҚ: ақтұмсық қарға**. зоол. <лат. corvus frugilegus> *Сұлы және ағашы мол жерлерді мекендейтін торғайлар отрядының қарға тұқымдасына жататын құс.*

**АҚТҰНЖЫР** зат. саят. *Қаршыға тәріздiлерге жататын қыран құстың түрі.*

**АҚТҰҢҒИЫҚ** зат. өс. <лат. nymphaeaalbe> *Тұңғиық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін су өсімдігі.*

**АҚТҰТ** зат. өс. <лат. morus alba> *Тұт тұқымдасына жататын ағаш.*

**АҚТҰЯҚ**[1] зат. анат. <лат. linea alba> *Жылқы тұяғының сыртқы қара мүйізі мен ішкі табанға байланысқан жері.*

**АҚТҰЯҚ**[2] зат. өс. *Көпжылдық дәрілік өсімдік.*

**АҚТҮЙЕЖОҢЫШҚА** зат. өс. <лат. melilotusallus> *Бір көбінесе екі жылдық, биіктігі 5-15 см жететін тузу сабақты, түкті, шөпсабақтас өсімдік.*

**АҚТҮЙМЕШ**[1] зат. тағам. этн. *Шикі тарының ақталған түрі.*

**АҚТҮЙМЕШ**[2] зат. тағам. этн. *Қауын қағы мен талқанды келіге салып түйіп жасалатын тағам.*

**АҚТҮЙІРШІК** зат. физиол. <грек. leukos – ақ, kytos – жасуша> *Бактерияларды, сонымен бірге бұзылып бара жатқан жасушаларды да құртып жіберетін қан жасаушы мүше; лейкоцит.*

**АҚТҮЛКІ** зат. зоол. <лат. alopex lagopus> *Ит тұқымдасына жататын жыртқыш аң.*

**АҚТҮН**[1] зат. геогр. *Жоғарғы ендіктерде байқалатын жазғы жарық түн.*

**АҚТҮСТІЛІК** зат. биол. <лат. albus> *Теріге, шашқа, көздің қабығына белгілі бір түс беруге жауапты меланин пигментінің туа біте жоқ болуы.*

**АҚТҮТЕК** зат. *Ат құлағы көрінбейтін қарлы боран.*

**АҚТЫ**[1] сын. *Сүтті, сүті көп.*

**АҚТЫ**[2]**: ақты қой**. ***Ақтылы қой [ала жылқы]***.

**АҚТЫҒЫНДА** үст. *Ақырында, ақыр аяғында, ақыр соңында.*

**АҚТЫҚ**[1] зат. **1**. *Қардың, сүттің түсіндей аппақ болушылық.* **2**. ауыс. *Адалдық, пәктік, кінәсіздік, жазықсыздық.*

**Ақтық жол**. *Дұрыс бағдар, тура бағыт, ақиқатқа бастайтын жол.*

**АҚТЫҚ**[2] зат. көне. этн. **1**. *Ескі наным бойынша киелі, қасиетті жерлерге байлап, ілінетін шүберек.* **2**. *Ем-дом жасағаны үшін тәуіп, емші, балгерлерге берілетін жоралғы зат.* **3**. жерг. *Ақ мата, кездеме түрі.*

**Ақтық байлау**. этн. *Өзге ауылдан келген қымыздың ыдысын қайтарғанда байлайтын ақ мата.*

**АҚТЫҚ**[3] сын. *Соңғы, ақырғы.*

**Ақтық демі таусылғанша**. *Жан тәсілім болғанша; ең соңғы деміне дейін.* **Ақтық демі шықты**. *Қайтыс болды, соңғы тынысы үзілді.* **Ақтық дос**. діни. *Өмірінің соңына дейін дос болып өтетін адам, айнымас дос, ақыреттік дос.* **Ақтық күшін жұмсады**. *Бар күшін сарп етті, жан-тәнімен істеді.* **Ақтық [соңғы] сөз.** *Жантәсілім берер алдындағы ақырғы сөз, тілек.* **Ақтық тілек**. *Ең соңғы тілек, өтініш.*

**АҚТЫ-ҚАРА** зат. сөйл. ***Ақ-қара***.

**Ақты-қарасын айырды**. *Оң-терісін, дұрысбұрысын анықтады.*

**АҚТЫ-ҚЫЗЫЛДЫ** сын. *Қызылды-жасылды, әртүрлі түс аралас.*

**АҚЫЛИЯ** сын. ескікіт. *Саналы, ақылойлы.*

**АҚТЫЛЫ**[1] сын. көне. *Ағы аралас.*

**АҚТЫЛЫ**[2]**: ақтылы қой [ала жылқы].** *Мыңғырған мал, қыруар көп тұяқ.*

**АҚТЫЛЫ-ҚАРАЛЫ** сын. *Ақ-қарасы аралас.*

**АҚТЫМЫҚ** сын. *Желсіз, тып-тыныш, тымық. // Теңіздегі мүлгіген тыныштық.*

**АҚТЫРНА** зат. зоол. <лат. grus leucogeranus> *Қанатының ұшы ғана қара, қауырсыны бірыңғай ақ тырна.*

**АҚТЫРНАҚ** зат. ауру. *Тырнақтың үстін жауып қалатын қатты ақ қабыршақ.*

**АҚТЫШҚАҚ** зат. вет. <лат colibacteriosis> *Құлын, торай, қозы, балапан, көбінесе бұзау ауыратын жұқпалы ауру.*

**АҚТІГЕР** зат. *Ақ үй, киіз үй.*

**АҚТІГЕРДЕЙ** сын. *Ақтігер сияқты, ақтігер тәрізді.*

**АҚТІКЕН** зат. өс. <лат. nitraria> *Түйетабандар тұқымдасына жататын, жапырақтары мен сабақтары ақшыл түсті өсімдік.*

**АҚУАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Тақуалық***.

**АҚУЫЗ** зат. **1**. *Жұмыртқаның ағы.* **2**. биол. *Ағза тіршілігіне қажетті күрделі органикалық заттар.* **3**. *Төлдеген малдың сарыуыздан кейінгі сүті. // Мезгілі толмаған, жетілмеген.*

**АҚУЫЗДАЙ** сын. *Бұзылмаған, таза, балауса, балғын.*

**АҚҰНТАҚ** зат. егін. *Паразит саңырауқұлақтар қоздыратын бау-бақша өсімдіктері ауруы.*

**АҚҰНТАҚТЫ** сын. *Ақұнтақ кеселін қоздыратын, ақұнтағы бар.*

**АҚҰРЫҚ** зат. кәс. *Қауынның ірірек келген, дәнінің түсі ақ, қабығы қатты, етті тәтті түрі.*

**АҚҮЙ**[1] зат. этн. **1**. *Ақ киіз жабылған үй.* **2**. *Хандар мен сұлтандарға, ауқатты адамдарға арналып тігілетін үй.*

**АҚҮЙ**[2] зат. дипл. көне. сөйл. ***Ақүйлі аманат***.

**АҚҮЙ**[3] зат. саяси. *АҚШ президентінің қызмет орны.*

**АҚҮЙЛІ: ақүйлі [ақүй] аманат**. көне. тар. дипл. *Ежелгі қыпшақ заманынан қазақ хандығы жойылғанға дейінгі дипломатиялық қатынасты білдіретін ұғым: жеңілген елдің басшысының жеңген жақтың қоластына туған ұлын үй-мүлкімен кепілдікке жіберетін аманаты.*

**АҚҮРПЕК** зат. **1**. *Жүні жаңа шығып келе жатқан, ұлпа қауырсынды балапан.* **2**. ауыс. *Бұғанасы қатпаған жас бала.*

**АҚҮРПІК** зат. сөйл. ***Ақүрпек***.

**АҚҮРПІКТЕН**= ет. *Шашақтану, жайылу.*

**АҚҮРПІКТЕНУ** *Ақүрпіктен етістігінің қимыл атауы.*

**АҚҮРПІЛЕН**= ет. *Сауын малдың сүті қайта бастауы, суалуы.*

**АҚҮРПІЛЕНУ** *Ақүрпілен етістігінің қимыл атауы.*

**АҚША**[1] зат. **1**. *Сауда-саттық кезінде құн өлшемі ретінде пайдаланылатын металл және бағалы қағаз.* **2**. экон. *Жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар.* **Ақша айналымы**. экон. *Ақшаның айналым аясындағы қозғалысы, оның айналым және төлем түріндегі қызметі.* **Ақша айналымының заңы.** қаржы. *Айналымға қажет ақша мөлшерін анықтайтын экономикалық заң.* **Ақша айырбас**. экон. *Айналымдағы ақшаны жаңа ақшаға айырбастау; ақша реформасы.* **Ақша араласқан жерде есеп-қисап керек.** *Ақша есептеусіз, ретсіз жұмсалса, шашылып кетеді, ақшаны есеппен жұмсау дұрыс деген мағынада.* **Ақша аударымы**. экон. *Пошта, банк байланысы арқылы бір жерден екінші жерге ақша жіберу.* **Ақша баптары.** қаржы. *Қолда бар валюта бірліктері, активтер және валюта бірлігін нақты немесе белгіленетін сомаларда алу немесе төлеу жөніндегі міндеттемелер.* **Ақша белгілері**. қаржы. *Құн белгілері; а.б. банкноттар, құны монетада көрсетілген атаулы құнынан төмен, цсақ монеталар болып табылады.* **Ақша берді**. сөйл. *Пара берді, сатып алды.* **Ақша бірлігі**. экон. *Ауыс-түйіске жүретін ақша түрі, мөлшерлі өлшемі.* **Ақша даулады.** *Ақша беруін талап етті.* **Ақша деген мал шықты.** *Байлықты, барлықты көрсететін қазақ даласындағы негізгі өлшем – малдың орнын ақша басты деген мағынада.* **Ақша жеу**. сөйл. *Ақшаны заңсыз ұрлап пайдалану.* **Ақша жүйесі**. экон. *Белгілі бір елде қалыптасып, әдетте заңмен бекітілетін ақша айналымын ұйымдастыру түрі.* **Ақша кеңістігі**. экон. *Ақшаның белгілі бір аймақта өз күшін сақтауы.* **Ақша қоймасы.** қаржы. *Бұл ақша қаражаттары және құндылықтар мен құжаттарды сақтау мақсатында кассалық жұмыс үшін банктерде арнайы ұйымдастырылатын бөлме.* **Ақша қорланымы**. экон. *Кәсіпорындарда жасалатын қоғамның таза табысы.* **Ақша құны**. экон. *Ақша өлшеміне айырбастауға болатын тауарлар мен қызмет көрсету мөлшері.* **Ақшаның құнсыздануы**. экон. *Ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуі.* **Ақшаның татын жалаған**. сөйл. *Сараң, ешкімге қайыр қылмайтын.* **Ақша рыногы**. экон. *Ақша қаражатымен тауарларды сату және сатып алу аймағы.* **Ақша салды**. а) *Сақтық кассасына ақша өткізді.* ә) *Карта, лото, домино сияқты ойындарда ұтып алу үшін ортаға ақша жинады.* **Ақша тапты**. сөйл. *Дүние жинады, еңбек етіп, жалақы алды.* **Ақша төкті**. сөйл. *Мол ақша жұмсады.* **Ақша түсті.** а) сөйл. *Мекеменің есепшотына, жеке есепшотқа айлық сомасы аударылды, еңбекақы берілетін болды.* ә) *Қалталы болды, ақшалы болды.*

**АҚША**[2] сын. *Ақшыл, ақ түсті.*

**Ақша бет.** поэт. *Аққұба, жас сұлу қыздың немесе әйелдің дидары.* **Ақша беттен [жүзден] нұр тайды [кетті].** *Жүзі солғын тартты, қартайды, ажары кетті, сұлулығы көмескіленді.* **Ақша бұлт**. *Ашық күнде аспанда қалқып жүретін будақ-будақ ақ бұлт.* **Ақша қар**. *Жаңа жауған таза, ұлпа қар.* **Ақша қардай**. *Жаңа жауған қар сияқты аппақ, кіршіксіз.* **Ақша маңдай**. поэт. *Сұлу, аққұба, кең маңдайлы адам.*

**АҚШАБАҚ** зат. зоол. *Ақ түсті ұсақ балық.*

**АҚШАҒАЛА** зат. зоол. <лат. pagophila eburnea> *Түсі сұрғылттау ақ, тұмсығы сары, шағала тәрізділер отрядына жататын құс; өгіз шағала.*

**АҚШАҒАЛАДАЙ** сын. *Ақшағала сияқты, ақшағала тәрізді.*

**АҚШАҒЫРМАҚ** сын. *Ақшыл-көгіс түсті.*

**АҚШАДАЙ** үст. **1**. *Ақша тәрізді, ақша сияқты.* **2**. сөйл. ***Ақшалай***.

**АҚШАЙЫР** зат. өс. <лат. gnaphalium luteoalbum> *Ақшайыр туысына жататын ақшылсары түсті майлы өсімдік.*

**АҚШАҚҰМАР** сын. *Дүниеге көзі тоймайтын, ақшажанды, тиыншыл.*

**АҚШАЛА**[1]= ет. сөйл. *Сату, ақшаға айналдыру.*

**АҚШАЛА**[2]= ет. *Ақшыл түске айналдыру, ағарту.*

**АҚШАЛАЙ** үст. *Ақша түріндегі, ақшамен, ақшаға шаққандағыдай.*

**Ақшалай айып**. құқық. *Лауазымды адамдарға белгілі бір құқықты бұзғаны үшін қолданылатын мүліктік сипаттағы ықпал ету шарасы.* **Ақшалай қаражат**. экон. *Субъектінің кассасы мен шоттарындағы банктердегі ақша, қолма-қол, салт ақша.* **Ақшалай өтем**. экон. *Ұйымда оның барлық төлемдерді белгіленген мерзімде қайтару үшін қажетті нақты ақшаның деңгейі.*

**АҚШАЛАЙ-ЗАТТАЙ** үст. *Әрі ақша, әрі зат түрінде.*

**Ақшалай-заттай лотерея**. *Лотерея билеттерін тарату, сату арқылы халықтың ақшалай қаражатын ерікті түрде игілікті іске тарту түрі.*

**АҚШАЛАП** зат. этн. *Айранды, іркітті, кейде құрт жасайтын сүзбені суға араластырып жасайтын салқын сусын.*

**АҚШАЛАТ**= ет. сөйл. *Ақшаға айналдыру.*

**АҚШАЛАТУ** *Ақшалат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚШАЛАУ** *Ақшалау етістігінің қимыл атауы; сату.*

**АҚШАЛЫ** сын. **1**. *Ақшасы бар, ақшасы көп, қалталы.* **2**. *Сатулы, ақша төлейтін.*

**АҚШАЛЫҚ** зат. жерг. *Ақша салатын қалта, шилан.*

**АҚШАМ** зат. **1**. *Қараңғы түсе бастаған кез, іңір, апақ-сапақ кез.* **2**. діни. *Күн батып, ымырт түскен кезде оқылатын мұсылманның бес уақыт парыз намазының төртіншісі.*

**Ақшам батты**. *Қараңғы болды, қас қарайды, ымырт үйірілді.* **Ақшам жамылды.** *Далаға қараңғы түсті, күн батты.* **Ақшам жамырады**. *Қараңғы түсті, ымырт үйірілді.* **Ақшам намаз**. *Ақшам (күн батып, ымырт түскен кезде оқылатын мұсылманның бес уақыт парыз намазының төртіншісі).* **Ақшам өтті**. *Түн болды, әбден қараңғы түсті.* **Ақшам шапан**. *Үйде киетін жамылғы.*

**АҚШАМҒАША** үст. сөйл. *Ақшамға дейін, күн батқанға шейін.*

**АҚШАМСОҚЫР** зат. мед. <грек. hemera – түн,alaos – соқыр, ops – көру> *Көздің жарық жеткіліксіз жағдайда ымырт жабылып, қараңғы түскен кезде, түнде нашар көруі.*

**АҚША-НЕСИЕ** зат. экон. *Қарызға берілетін қаражат.*

**Ақша-несие дағдарысы**. экон. *Ақша-несие саласындағы артық өндірудің айналып соғатын кезеңдік дағдарыстары немесе төтенше экономикалық және саяси оқиғалар туғызған қайшылықтары.* **Ақша-несие саясаты**. экон. *Ақша айналымымен несие саласындағы экономикалық өсуді реттеуге, инфляцияны тежеуге т.б. бағытталған шаралардың жиынтығы.*

**АҚШАНДА**= ет. *Көзін алақтату, алақжұлақ аларту, бақшию.*

**АҚШАНДАУ** *Ақшанда етістігінің қимыл атауы.*

**АҚШАҢДАТ**= ет. *Көзін алақтатқызу, бақшиту.*

**АҚШАҢДАТУ** *Ақшаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚШАҢҚАН** сын. *Сүттей ақ, аппақ.*

**АҚШАСЫЗ** сын. *Ақшасы жоқ.*

**АҚШАТАЙ** зат. өс. <лат. astragalus ammodendron> *Құмды шөлдерде жиі кездесетін, бұршақтұқымдасына жататын бұта.*

**АҚШЕЛЕК**[1] зат. этн. *Піскен еттің бөліктері мен жіліктің майы араластырылып жасалатын тағам.*

**АҚШЕЛЕК**[2] зат. вет. <лат. anthrax> *Негізінен түйеде, кейде итте, мысықта кездесетін індет.*

**Ақшелек келгір**. қарғ. *Түйе малына айтылатын қарғыс.*

**АҚШЕШЕК** зат. өс. <лат. arabis> *Ақгүлді өсімдік.*

**АҚШИ** зат. этн. *Ел кезін адам емдеумен айналысатын балгердің қазақы атауы.*

**АҚШИ**= ет. **1**. *Көздің шақыраюы.* **2**. *Ашу шақыру, тік келу.*

**АҚШОЛАҚ**[1] зат. *Қысқа киім.*

**АҚШОЛАҚ**[2] зат. өс. *Дәні ірілеу сұлының түрі.*

**АҚШОМ** зат. көне. *Алыс жерден астық алып қайту үшін шығатын түйелі керуен.*

**АҚШОМШЫ** зат. *Ақшом тарта шыққан адамдар.*

**АҚШӨП** зат. өс. сөйл. ***Өлеңшөп***.

**АҚШУАҚ**[1] зат. өс. <лат. nardurus> *Жусантұқымдасына жататын, малды семіртуде маңызы зор көпжылдық шөптесін өсімдік немесе шала бұта.*

**АҚШУАҚ**[2] зат. *Күн нұры, күн сәулесі.*

**АҚШУЛАН** сын. *Ақшыл (алағат) сұрғылт.*

**АҚШҰНАҚ** зат. өс. <лат. butomus> *Сабағы борық тәрізді айналған батпақты жерде, суда өсетін шатыршағүлді көпжылдық, шөптесін өсімдік.*

**АҚШЫ** зат. көне. *Балгерлік жасап ел ақтаушы.*

**АҚШЫЛ** сын. *Бозғыл, қылаң.*

**Ақшыл сары.** *Ағы басым сары түс.* **Ақшыл сепкілгүл**. өс. <лат. fritillaria pallidiflora> *Лалагүлділер тұқымдасының сепкілгүл туысына жататын көпжылдық жуашықты өсімдік.* **Ақшыл тартты**. *Бозарды, ағарды.*

**АҚШЫЛДАН**= ет. *Ақшыл тарту, ағару.*

**АҚШЫЛДАНУ** *Ақшылдан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚШЫЛДЫҚ** зат. ***Бозғылдық***.

**АҚШЫЛ-ҚОҢЫРҚАЙ** сын. *Бозғылт қоңыр.*

**АҚШЫЛТ** сын. ***Ақшылдау***.

**АҚШЫЛТЫМ** сын. *Сәл ғана ақшылт, ақшылдау.*

**АҚШІЛІК** зат. бот. <лат. salix lapponum> *Тал тұқымдасына жататын бұта.*

**АҚШІРІК** зат. бот. *Бұршақ, күнбағыс, сәбіз, пияз, жүзім т.б. кеселі.*

**АҚЫ** зат. **1**. *Істеген еңбегі үшін төленетін төлем, еңбектің өтеуі.* **2**. *Бір заттың бағасы, нарқы, құны; соған лайықты ақша, зат, малмүлік.* **3**. *Аласы, алашақ.* **4**. *Пара, ауызбастырық.* **5**. ауыс. *Парыз, міндет.*

**Ақы алды**. *Төлемін алды.* **Ақы даулады [сұрады]**. *Еңбегінің, дүние-мүлкінің қайтарымын талап етті.* **Ақысы бар.** *Есесі кеткен, ала алмаған өші бар.* **Ақысы кетті**. *Есесі кетті, біреуге жем болды.* **Ақысын берді [өтеді]**. *Борышын өтеді, өтеуін қайтарды.* **Ақысын бермеді**. *Кісінің ақысын, еңбегін жеді.* **Ақысын**

**жеді**. *Біреудің еңбегін қанады, еңбекақысын бермеді.* **Ақысын жібермеді**. *Есесін қайырды, зиян шекпеді.* **Ақысын кешті**. *Ризалығын берді, кешірді.* **Ақы төледі**. *Еңбегінің өтемін берді.*

**АҚЫҚ** ар. зат. мин. <грек. achats> **1**. *Асыл, қымбат тас.* **2**. хим. *Оксидтер тобына жататын кварц минералының жасырын кристалды, талшық құрылымды түрі.*

**Ақық моншақ**. *Ақықтан тізілген моншақ.*

**АҚЫҚТА**= ет. зерг. *Ақық салып әшекейлеу.*

**АҚЫҚТАУ** *Ақықта етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫҚТАЙ** сын. *Ақық сияқты, ақық тәрізді.*

**АҚЫҚТЫ** сын. *Ақық орнатылған, ақықтан жасалған.*

**АҚЫЛ** [ар. عقل] зат. **1**. *Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім.* **2**. *Пікір, пайдалы кеңес, өсиет.* **3**. ауыс. *Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла.*

**Ақыл айтты**. *Дұрыс кеңес берді, жөн сілтеді, үйретті.* **Ақыл алды**. а) *Кеңесін тыңдады, айтқанын істеді.* ә) *Есеңгіретті, есін жаулап алды.* **Ақыл берді**. *Кеңес берді, жөн көрсетті, ой салды.* **Ақыл болды**. *Үлгі болды, жөн көрсетті.* **Ақылға алды**. *Ескерді, еске алды.* **Ақылға диқан.** *Ақылға бай, ақылды, кемеңгер.* **Ақылға жеңгізді**. *Ақылға салып, мойындады.* **Ақылға жеңдірді.** *Ақылға келді, ақымақтық жасамады.* **Ақылға келді**. *Жөнге келді, сабасына түсті, өзіне-өзі келді.* **Ақылға келмеген.** *Ақылы толмаған, әлі оң-солын танымаған.* **Ақылға кісен салды.** *Ойландырмады, ойлануға мүмкіндік бермеді, айтқанын істетпеді.* **Ақылға қонбады.** *Миға кірмеді, ұғынылмады.* **Ақылға қонды**. *Дұрыс көрінді, көңілінен шықты.* **Ақылға салды.** *Пайымдап көрді, ойланды, алды-артын байқады.* **Ақылға сыймады.** а) *Ойлап, түсіну мүмкін болмады.* ә) *Көңілге қонбады, сенімді болмады.* **Ақылға сыйымды.** *Көңілге қонымды, нанымды.* **Ақылға сыйымсыз.** *Көңілге қонбайтын, теріс.* **Ақылдан айырылды [жарым болды]**. *Есінен адасты, жынданды.* **Ақылдан адасты [ауысты, танды]**. а) *Есінен танды, есеңгіреді.* ә) *Не істерін білмей, дал болды, састы, дағдарды.* **Ақылдан шығарды**. *Шатастырды, жаңылыстырды.* **Ақылдың кенересі.** *Ақыл-ойдың, көңілдің шарықтап жеткен шегі.* **Ақылдың көзін байлады**. *Еш нәрсені ойлатпады, аңдатпады, пайымдатпады.* **Ақылдың толған кемесі**. стиль. *Өмірде көргені көп, тәжірибесі мол, өте ақылды.* **Ақыл енді.** а) *Есейіп есі кірді, оң-солын таныды.* ә) *Түсінді, ақылға келді, білді.* **Ақыл иесі**. *Есті адам, істің рет-жөнін жақсы білетін адам; адамзат.* **Ақыл кемтарлығы**. псих. *Адамның танымдық мүмкіндіктерінің, ойлау қабілеттерінің кемістігі, ақыл жарымжандығы, жетімсіздігі.* **Ақыл көрді**. *Жөн көрді, дұрыс санады.* **Ақыл көрінісі**. пед. *Дұрыс тәрбие, жөн тірлік.* **Ақыл кірді [енді]**. *Ақыл толысты, есі кірді.* **Ақыл қашты**. *Есінен айырылды, жөнін білмеді.* **Ақыл қонбады.** *Айтқанды ұқпады, түсінбеді, ақыл кірмеді.* **Ақыл қонды.** *Ақылы кірді, оң-солын таныды.* **Ақыл қосты.** *Дұрыс кеңес берді, ой салды.* **Ақыл қылды.** *Ақыл айтты, кеңес берді.* **Ақыл құрды**. *Ақылдасты, кеңесті.* **Ақылменен жапсарын жабыстырды.** *Ақылменен сөздің иінін қандырды, бітістірді.* **Ақыл пісті.** *Ақылы, есі толысты.* **Ақыл пішті.** *Тоқтамға келді, қорытты.* **Ақыл салды**. *Ақылдасты, кеңесті.* **Ақыл сұрады**. *Кеңес сұрады, ақылдасты, кеңесті.* **Ақыл тапты**. *Ретін, жөнін келтірді, амалын тапты.* **Ақыл таразысына салды**. *Ой елегіне салып, екшеді, артық-кемін салмақтады, ойланды.* **Ақыл тоқтатты**. а) *Ер жетті, балалықтан арылды, кемеліне келді.* ә) *Көңілге қонды, дұрыс көрінді.* **Ақыл тіс**. *Әдетте кәмелеттен асқан шақта шығатын ең түпкі азу тіс.* **Ақыл тісі шықты.** *Ақылы жетілді, ес кіріп, есейді.* **Ақылы алпыс жаққа [алты саққа] жүгірді**. *Әр ойдың соңына бір түсті, ойы онға бөлінеді.* **Ақылы алтыға, ойы онға [саңға] бөлінді**. *Не істерін білмей, дағдарды, бір тоқтамға келе алмады.* **Ақылы артық**. *Көрген-білгені мол, ақылды, тәжірибелі.* **Ақылы атасынан асқан**. *Ақылы оза туған, ақылы көп.* **Ақылы ауды**. *Ақылынан адасты, жынданды.* **Ақылы ауу**. *Есінен адасу, жындану.* **Ақылы ауыс**. *Есі ауысқан адам.* **Ақылы ауысты**. сөйл. *Есінен айырылды, жынданды.* **Ақылы бар**. *Есті, ақылды, тәжірибесі мол.* **Ақылы барға [ақылға] – ишарат [ишарат сөз]**. *Ынталы адам айтпақ ойды бірден түсінеді, ымды білмеген, дымды да білмейді.* **Ақылы басқарды**. *Жетегіне ертті, ақыл айтты, дегенін істетті.* **Ақылы бүтін.** *Жынды емес, ақыл-есі дұрыс.* **Ақылы жарым [кем, аз]**. *Ақыл-есі түгел емес.* **Ақылы жетпеді**. *Түсіне алмады, байыбына бара алмады.* **Ақылы жоқ**. *Ақымақ, ессіз, жарымес, ақыл-парасаты төмен.* **Ақылы келте.** *Ақымақ, есуас.* **Ақылы кем**. *Ақымақ, есуас.* **Ақылы көзінде**. *Терең ойламайтын, байыбына бармайтын.* **Ақылы қашты.** а) жерг. *Алжыды, ақылы кеміді, азайды.* ә) *Састы, абыржыды.* **Ақылы қысқа [шолақ]**. *Терең ойламайтын, байыбына бармайтын, ақымақ.* **Ақылы қысқа сабаз.** *Ойланбайтын, ақымақтау адам.* **Ақылымен аты шықты**. *Жақсы, орынды істерімен көрінді, елге танылды.* **Ақылына құлақ асты [салды]**. *Тыңдады, айтқанын мақұл көрді, айтқанын істеді.* **Ақылын алпыс жаққа [саққа] жүгіртті.** *Әр нәрсені бір ойлап, әр нәрсеге бір байлам жасады, ақылын дал етті.* **Ақылынан адасты**. *Есінен танды, шатасты.* **Ақылынан айырылды**. *Есінен танды, адасты, алжасты.* **Ақылынан [есінен] алжасты**. *Есінен танды, ақылынан адасты.* **Ақылынан жаңылды.** *Есі шығып, адасты, сенделді.* **Ақылына тексертті.** *Ақылға салды, байыбына барды, жетті.* **Ақылын аттамады**. *Айтқанын істеді, дегеніне көнді.* **Ақылын аямады**. *Білгенін түгел айтты, жайып салды.* **Ақылыңа болайын**. а) *Жарытымды ақыл бермедің, ақылың өзіңе деген мағынада.* ә) *Тауып айтқан ақыл-кеңесіне риза болғанда айтылатын сөз.* **Ақылы пісті**. *Ой-өрісі жетілді, кемелденді.* **Ақылы тапшы**. *Ақымақ, ақылы кем.* **Ақылы толды [толысты]**. *Есейді, кемелденді, оң-солын таныды.* **Ақылы түзу**. *Ақылды, дені сау.* **Ақылы түсті**. *Есін жиды, ақылы кірді.*

**АҚЫЛА**= ет. *Төлеу, сатып алу, құнын беру.*

**АҚЫЛАҚШЫ** зат. сөйл. ***Ақалақшы***.

**АҚЫЛ-АЙЛА** зат. *Қиындықтан, жағдайдан шығудың жолы; әдіс, амал.*

**АҚЫЛАСТЫР**= ет. *Есеп айырыстыру.*

**АҚЫЛАСТЫРУ** *Ақыластыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛАУ** *Ақыла етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛ-ӘДІС** зат. *Амал, тәсіл.*

**АҚЫЛГӨЙ** зат. *Ақылшы, білімдар.*

**АҚЫЛГӨЙЛІК** зат. *Ақыл үйретушілік.*

**АҚЫЛГӨЙСУ** *Ақылгөйсі етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛГӨЙСІ**= ет. *Білгішсу, біреуге ақыл үйреткен болу.*

**АҚЫЛГӨЙСІН**= ет. *Білгішсіну, біреуге ақыл үйреткенсу.*

**АҚЫЛГӨЙСІНУ** *Ақылгөйсін етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛДАЙ** сын. *Ақыл сияқты, ақыл тәрізді.*

**АҚЫЛДАС** зат. *Пікірлес, сырлас, жанашыр.*

**АҚЫЛДАС**= ет. *Пікірлесу, кеңесу, ақыл қосу.*

**АҚЫЛДАСТЫР**= ет. *Кеңестіру, пікірлестіру, ақыл қостыру.*

**АҚЫЛДАСТЫРУ** *Ақылдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛДАСУ** *Ақылдас етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛ-ДҮКЕН** зат. *Ақыл-ойдың қазынасы.*

**АҚЫЛДЫ** сын. *Есті, парасатты, сана-сезімі жоғары.*

**Ақылды көз**. *Ойлы, тұнық көз.* **Ақылды сөз**. *Үлгілі, орынды сөз.*

**АҚЫЛДЫЛЫҚ** зат. *Естілік, саналылық.*

**АҚЫЛДЫМСУ** *Ақылдымсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛДЫМСЫ**= ет. жағымсыз. *Ақылды болып көріну, білгішсіну.*

**АҚЫЛДЫМСЫН**= ет. жағымсыз. *Ақылдысыну, білгішсіну.*

**АҚЫЛДЫМСЫНУ** *Ақылдымсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛ-ЕС** зат. *Сана-сезім, ой.*

**Ақыл-естен адасты**. *Есі ауды, есінен танды, есеңгіреді.* **Ақыл-есі кірді**. *Есін жиды, өзіне-өзі келді.* **Ақыл-есін алды**. *Есін шығарды, састырды, елітті.* **Ақыл-есі толды**. *Есейді, оң-солын таныды.*

**АҚЫЛ-ЕСТІ** сын. *Саналы, жөн-ретін білетін.*

**АҚЫЛ-ЗЕРДЕ** зат. *Түйсік-түсінік, сана-сезім, парасат.*

**АҚЫЛ-КЕҢЕС** зат. *Пайдалы ой-пікір.*

**АҚЫЛКӨЗ** зат. **1.** *Сезім мүшелерінің деректерін ақыл саралауынан өткізетін түйсік, үнемі ақылға жүгінуді әдетке айналдырған адамда болатын ерекше сана.* **2.** *Парасаттылық, ғұламалық.*

**Ақылкөзбен бақты**. *Тереңнен ойлады, байыбына жетті.* **Ақылкөзбен қарады**. *Саналы түрде түсінді, байыптады.* **Ақылкөзінің ауданы**. *Ой-өрісінің, білімінің кеңдігі.*

**АҚЫЛ-КӨМЕК** зат. *Пайдалы кеңес, жәрдем.*

**АҚЫЛ-КҮШ** зат. *Ақыл-ес пен қуат-қайрат.*

**АҚЫЛ-ҚАЙРАТ** зат. *Ақыл-ес пен қуат-күш.*

**АҚЫЛМАН** зат. *Ақылгөй, ақылшы, кеңесші.*

**АҚЫЛ-ОЙ** зат. *Сана-сезім, ой-өріс.*

**Ақыл-ой еңбегі**. *Ғылыми, шығармашылық еңбек (қара жұмыс емес).* **Ақыл-ой тәрбиесі**. пед. *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, зияткерлік санасын, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіруге бағытталған іс-әрекет.*

**АҚЫЛ-ОЙЛЫ** сын. *Сана-сезімі мол, ой-өрісі кең.*

**АҚЫЛ-ПАРАСАТ** зат. *Сана-сезім, ой-өріс, білімділік.*

**АҚЫЛ-САНА** зат. *Ес, ақыл, ой.*

**АҚЫЛ-СЕЗІМ** зат. *Ой-өріс, сана-сезім, түйсінім.*

**АҚЫЛСЕРІК** зат. *Ақыл беруші, кеңесші.*

**АҚЫЛСӨЗ** зат. *Пайдалы кеңес, тәлім-тәрбие, дұрыс кеңес.*

**АҚЫЛСУ** *Ақылсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫЛСЫ**= ет. *Ақылды көрінуге тырысу, ақылдымсу.*

**АҚЫЛСЫЗ** сын. **1**. *Ессіз, санасыз, ойсыз.* **2**. *Ой-өрісі тар, ақымақ.*

**АҚЫЛСЫЗДЫҚ** з а т. *Санасыздық, ессіздік, білместік.*

**АҚЫЛ-ТАРАЗЫ** з а т. *Алды-артын болжаушылық, пайым.*

**АҚЫЛШЫ** з а т. *Ақыл беруші, үйретуші, кеңесші.*

**Ақылшы тұтты**. *Ақыл-кеңесін тыңдады, кеңесші ретінде қабылдады.*

**АҚЫЛШЫЛЫҚ** з а т. *Ақылдылық, естілік, саналылық.*

**АҚЫЛЫ**[1] с ы н. *Ақы төленетін, төлемді (тегін емес), сатулы.*

**Ақылы бөлім.** п е д. *Оқу орындарының жанындағы ақылы түрде білім беретін құрылымдар.* **Ақылы қызмет**. *Ақшасына қызмет көрсету.* **Ақылы оқыту**. *Қазақстан Республикасы оқу орындарында азаматтарға төлемді білім беру жүйесі.*

**АҚЫЛЫ**[2] м о д. *Абзалы, дұрысы, асылы деген мағынадағы қыстырма сөз.*

**АҚЫМ** з а т. **1.** *Көрдің өлік жерленетін орны, қуысы.* **2.** *Кеулей қазылған үңгір.*

**АҚЫМАҚ** [ар. أحمق] с ы н. *Ессіз, жөн білмейтін, парықсыз адам.*

**Ақымақ достан ақылды дұшпан артық.** *Бір нәрсе үйренуге болатын, үлгі болатындай жақсы қасиеті бар адам, қас та болса, осындай қасиеттен жұрдай жақыныңнан артық деген мағынада.* **Ақымақтың [тентектің] ақылы [есі] түстен кейін кіреді.** *Парықсыз, ойсыз, ақылсыз адам, істің байыбына бармайды, барса да кеш түсінеді деген мағынада.*

**АҚЫМАҚТА**= е т. с ө й л. *Ақымақ ету, күлкі ету, әжуалау.*

**АҚЫМАҚТАН**= е т. *Еліру, есуастану.*

**АҚЫМАҚТАНДЫР**= е т. *Ақымақ ету, күлкі ету.*

**АҚЫМАҚТАНУ** *Ақымақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫМАҚТЫҚ** з а т. *Ақылсыздық, білместік, өкінішті іс-қылық.*

**АҚЫМАҚШЫЛДЫҚ** з а т. с ө й л. ***Ақымақтық***.

**АҚЫМАҚШЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Ақымақтық***.

**АҚЫМДА**= е т. *Ақым шығару, ақымға қою.*

**АҚЫМДАУ** *Ақымда етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫН** [ир. اخون] з а т. э т н. **1**. *Халық алдында суырыпсалма өлең шығарып не айтысқа түсіп танылған өнер иесі.* **2**. *Поэзиялық шығарма жазумен айналысатын жазба әдебиеттің өкілі, өлең сөздің авторы.*

**Ақындар айтысы.** *Шаршы топ алдында суырыпсалма ақындардың сөз сайысы, жарысы.* **Ақын көзбен үңілді [қарады].** б е й н е. *Ізгі ой, игі ниетпен байыптады.*

**АҚЫН-ӘНШІ** з а т. *Әннің сөзін өзі шығарып, өзі орындайтын адам.*

**АҚЫНДАЙ** с ы н. *Ақын сияқты, ақын тәрізді.*

**АҚЫНДАУ** с ы н. *Аздаған ақындығы бар, ептеп өлең жазатын адам.*

**АҚЫНДЫҚ** з а т. **1**. *Поэтикалық дарын, шабыт; өлең-жыр жазуға қабілеттілік.* **2**. *Өлең жазумен айналысушылық.*

**Ақындық дауылы.** п о э т. *Ақындық асау сезім, шабыт.* **Ақындық жол**. *Өлең шығарумен шұғылданатын өнер саласы.* **Ақындық өнер.** *Поэзиялық шығарма жазу және суырыпсалма өлең шығарып, айтысу өнері.*

**АҚЫН-ЖАЗУШЫ** з а т. *Әдеби-көркем шығарма жазумен шұғылданатын, баспасөз бетінде, қоғамда танылған әдебиет өкілдері.*

**АҚЫНЖАНДЫ** с ы н. *Сезімтал, жаны нәзік; өлеңге құмар.*

**АҚЫН-ЖЫРАУ** з а т. *Ақындар мен жыраулар.*

**АҚЫН-ЖЫРШЫ** з а т. *Ақындар мен жыршылар.*

**АҚЫНСУ** *Ақынсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫНСЫ**= е т. э к с п р. *Өзін ақын деп санау.*

**АҚЫНСЫМАҚ** с ы н. э к с п р. *Ептеп ақындығы бар, өлең шығарып талаптанушы.*

**АҚЫНСЫН**= е т. э к с п р. *Ақын болғансу, өзін ақын деп санау.*

**АҚЫНСЫНУ** *Ақынсын етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫНША** ү с т. *Ақын сияқты, ақынға ұқсап.*

**АҚЫ-ПҰЛ** з а т. *Ақша, қаржы.*

**АҚЫ-ПҰЛСЫЗ** с ы н. *Бос, тегін.*

**АҚЫР**[1] [ир. آخور] з а т. ж е р г. *Малға жемшөп салу үшін жасалған оттық.*

**АҚЫР**[2] з а т. **1.** *Соңы, аяғы, арты, түбі.* **2.** д і н и. *Соңын білуші дегенге саятын Алла тағаланың 99 есімдерінің бірі.*

**Ақыр түп**. *Ең соңында.* **Ақыры бар.** к ө н е. *Жалғасы бар.* **Ақырын бақты**. *Соңын күтті.* **Ақырын берсін**. т і л е к. *Жамандықтың, қайғының, көрген ауыртпалықтың, азаптың арты жақсылыққа ұлассын деген мағынада.* **Ақырын көрді**. *Соңына дейін күтті, шыдады.* **Ақырын күтті**. *Соңын күтті, соңына дейін шыдады.* **Ақырын оңғар [оңғарсын, онда]**. т і л е к. *Қайырын берсін, түбі жақсылық болсын деген мағынада.* **Ақырын сұра**. *Сабыр ет, тәубе қыл, соңы дұрыс болсын де.* **Ақырын тіледі**. *Соңының жақсы болғанын өтінді, күтті.* **Ақыры ұшықсыз болсын.** т і л е к. *Аурудың арты жеңіл болсын деген мағынада.*

**АҚЫР**[3] з а т. э т н. *Сыйымдылығы үлкен құдық басындағы мал суаратын науа.*

**Тас ақыр**. э т н. *Тастан жасалған құдық басындағы мал суаратын науа.*

**АҚЫР**[4] [ар. آخر] ү с т. *Аяғында, соңында, түбінде, күндердің күнінде.*

**Ақыр аяғы**. а) *Ең соңы, ең аяғы.* ә) *Керек десең, тіпті, өзгені былай қойғанда.* **Ақыр бір күн**. *Аяғында, соңында, түбінде, күндердің күнінде.* **Ақыр соңы**. *Ең соңы, ең аяғы, түбі.* **Ақыр [ең] аяғы**. *Ең ақыры, ең болмағанда, тіптен.* **Ақырғы [ақтық соңғы] демі біткенше [сөнгенше, тынғанша].** *Өмірінің соңына дейін, өлгенше.*

**АҚЫР**= е т. **1**. *Дауысты қатты шығару, бақыру, айғайлау.* **2**. *Ұрсу, зекіру, зілді үнмен сөйлеу.* **3**. а у ы с. *Аяздың, суықтың күшеюі, қатаюы.*

**АҚЫРАЙ**= е т. **1**. *Көзін ақшиту.* **2**. а у ы с. *Едіреңдеу, әкіреңдеу.*

**АҚЫРАЙТ**= е т. *Көзін ақшиту.*

**АҚЫРАЙТУ** *Ақырайт етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРАҚТА**= е т. с ө й л. ***Ақыраңда***.

**АҚЫРАМАШ** з а т. *Білгілі бір науқанның, қарбалас шақтың соңы, ақыры.*

**АҚЫРАҢДА**= е т. *Едіреңдеу, әкіреңдеу.*

**АҚЫРАҢДАУ** *Ақыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРАП** [ар. عقرب] з а т. к ө н е. *Ескіше қазан айының аты.*

**АҚЫРАП** з а т. д і н и. *Мұхаммед пайғамбардың қылыштарының самсам, зұлхажа, қамқам сияқты теңеу-аттарының бірі.*

**АҚЫРАТ**= е т. *Зулату, екпіндету, қатты шабу.*

**АҚЫРАТУ** *Ақырат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРАЮ** *Ақырай етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРҒЫ** с ы н. *Соңғы, кейінгі.*

**Ақырғы дем**. *Ең соңғы дем, соңғы әрекет, амал.* **Ақырғы жол**. *Жерлеу, о дүние.* **Ақырғы жолға [соңғы сапарға] ұзатты.** *Қайтыс болған адамды жерледі.* **Ақырғы рет**. *Ең соңғы рет.* **Ақырғы сапарға аттанды.** *Қайтыс болды, көз жұмды.*

**АҚЫРДА** ү с т. **1**. *Ақырында, кейіннен, соңынан, түбінде.* **2.** *Әйтеуір, бәрібір.*

**АҚЫРЕТ** [ар. الآخرة] з а т. д і н и. **1**. *Өлікті орайтын ақ мата, кебін.* **2**. ж е р г. *Дәке.* **3.** ***Ақирет***. **4**. а у ы с. *Өлім, ажал, апат.* **5**. а у ы с. *Ақырзаман, азап өмір.* **6**. *Азап, қиыншылық.*

**Ақырет күні**. а) д і н и. *Ақырзаман орнағанда өлген адамдардың тіріліп, іс-әрекеттері таразыланатын күні.* ә) *Өлетін мезгіл, ақырзаман.* **Ақырет күніндей**. б е й н. *Ақырет күні сияқты қиын-қыстау шақ.* **Ақырет қамын қармады**. *Өлімнің қамын жеді.* **Ақырет сандық.** э т н. д і н и. *Кәрілік жасқа жеткен адамның о дүниелік болғанда тұтынылатын, артын атқаруға қажетті ғұрыптық заттарды салып сақтайтын сандық.* **Ақырет сапар**. *Соңғы сапар, о дүниеге аттанар сапар, жерлеу.* **Ақыреттегі сөзін айтқызды**. *Ант-су ішкізді.* **Ақыретте екі қолым жағаңда**. *Өлгенде де, о дүниеде де алысып өтемін, есе-кегімді о дүниеде де сұраймын деген мағынада айтылады.* **Ақыретің мамыр болсын!** *Ақырет күнің денеңе жұмсақ тисін.*

**АҚЫРЕТ-АЗАР** з а т. *Бәле, азап, қиындық.*

**АҚЫРЕТТЕ**= е т. с ө й л. *Кебіндеу.*

**АҚЫРЕТТЕЙ** с ы н. **1**. *Кебіндей, кебінге ұқсас.* **2.** а у ы с. *Азапты, өте қиын.*

**АҚЫРЕТТЕУ** *Ақыретте етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРЕТТІК**[1] з а т. *Кебін.*

**АҚЫРЕТТІК**[2] с ы н. *Мәңгілік, айнымас, өмірдің соңына дейін.*

**Ақыреттік дос**. *Өмір бойғы тату адам, мәңгілік жолдас.* **Ақыреттік кісі**. *Өмір бойы бірге болатын адам; жұбай.*

**АҚЫРЕТШІЛ** с ы н. д і н и. *Құдайшыл, діншіл.*

**АҚЫРЗАМАН** [ар. آخر الزمان] з а т. д і н и. **1**. < грек. apokalypsis> *Адам баласының және бүкіл әлемнің ең соңғы тағдыры туралы ерте замандардан бері қалыптасқан түсінік.* **2**. а у ы с. *Қиын-қыстау шақ, қысталаң кез.* **3**. а у ы с. *Торығу, сарыуайымшылдық, пессимизм.* **4**. э к с п р. *Қиын, бір сұмдық.* **5**. а у ы с. *Азып-тозған уақыт, азған заман, соңғы уақыт.*

**Ақырзаманды орнатты [орнады]**. *Бар қиыншылықты үйіп-төкті, сарыуайымға салынды.* **Ақырзаманды тақады**. *Қиыншылықты үйіп-төкті, үмітін үзді.* **Ақырзаманды төндірді**. *Жөнсіз уайым-қайғы орнатты.* **Ақырзаман туды**. *Аса ауыр, қиын іс болды.*

**АҚЫРЛА**= е т. с ө й л. *Бітіру, тауысу, аяқтау.*

**АҚЫРЛАС** с ы н. *Пікірлес, ниеттес.*

**АҚЫРТ**= е т. *Бақырту, айқайлату.*

**АҚЫР-ТАҚЫР** ү с т. **1**. *Бүтіндей, біржола.* **2**. *Ең ақыры, ең соңы.*

**Ақыр-тақыр болды**. *Түк қалмады, бітті.*

**АҚЫРТАС** з а т. к ө н е. ***Тасақыр***. *Тастан салынған ескі архитектуралық құрылыстың орны.*

**АҚЫРТУ** *Ақырт етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРУ** *Ақыр етістігінің қимыл атауы; бақырып-шақыру, айқайлау.*

**АҚЫРЫ** ү с т. *Соңында, ақыр аяғында.*

**Ақыры не керек**. с ө й л. *Сөйтіп, қысқасын айтқанда.*

**АҚЫРЫ** сын. *Қағыр, тақыр, татыр, айтақыр.*

**АҚЫРЫМ** зат. жерг. *Сүр еттің сорпасына айран, қатық немесе қымыз қосып сапырып ішетін қышқыл сусын.*

**АҚЫРЫН** үст. **1.** *Жай, аспай-саспай, баяу.* **2**. *Бәсең дауыспен.* **3**. *Ептеп, жайымен.* **4.** *Сәл, сәл ғана, болар-болмас. // Байқа, абайла.*

**Ақырын жүріп, анық бас**. *Байыппен, оң-солға қарап, ақылға салып өмір сүр деген мағынада айтылады.*

**АҚЫРЫН-АҚЫРЫН** үст. *Біртіндеп, жайлап, білдірмей.*

**АҚЫРЫНДА** үст. **1**. *Аяғында, соңында, түбінде.* **2**. *Сөйтіп, сонымен, не керек.*

**АҚЫРЫНДА=** ет. *Баяулау, саябырсу.*

**АҚЫРЫНДАП** үст. **1**. *Жайлап, ептеп.* **2**. *Бірте-бірте, жайымен, бабымен.*

**АҚЫРЫНДАТ=** ет. *Баяулату, жайлату.*

**АҚЫРЫНДАТУ** *Ақырындат етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРЫНДАУ** *Ақырында етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРЫП-БАҚЫР=** ет. *Қатты айғайлау, бақырып-шақыру.*

**АҚЫРЫП-ЖЕКІР=** ет. *Қатты айғайлау, бақырып ұрсу.*

**АҚЫРЫП-ЖЕКІРУ** *Ақырып-жекір етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫРЫП-ЗЕКІР=** ет. сөйл. *Айқайлап, зілденіп ұрсу.*

**АҚЫРЫС=** ет. *Өзара бақырып-шақырып ұрсысу.*

**АҚЫРЫС-ЖЕКІРІС** зат. *Айғай, ұрыс.*

**АҚЫРЫСУ** *Ақырыс етістігінің қимыл атауы.*

**АҚЫСЫЗ** сын. *Тегін, бос.*

**Ақысыз оқу**. а) *Социалистік елдерде халық ағарту ісін ұйымдастырудың негізгі принципі, тегін оқу оқыту жүйесі.* ә) *Қазақстан Республикасының мемлекеттік оқу орындарындағы азаматтарға тегін орта және жоғары білім беру жүйесі.*

**АҚЫСЫЗ-ПҰЛСЫЗ** сын. *Тегін, бос, төлемсіз.*

**АҚІРІМШІК** зат. *Ыстық сүтке іріткі құйып (мәйек қосып) жасалатын тағам.*

**АЛ**[1] сын. *Түстің қанықтығын білдіретін, дербес қолданылмайтын көмекші сөз.*

**Ал гүл қақты**. бейн. *Жайнады, құлпырды.* **Ал күрең.** а) *Ашық күрең, қызғылтым.* ә) *Жарқын, қызықты.* **Ал қара**. *Қою қара, қап-қара, шымқай қара түс. // Жылтыр, шымқай қара түсті жылқы.* **Ал қара көк**. *Қарасы басым көк түс.* **Ал қызыл**. *Ашық қызыл түс, нарттай, шымқай қызыл.* **Ал қызыл бет [шырай, түр, өң, жүз]**.*Ұшына қан теуіп, қызарған, қызыл шырайлы жүз.*

**АЛ**[2] сын. көне. *Өтірік, жалған, алдамшы (алдау сөзінің түбірі).*

**АЛ**[3] шыл. *Салыстырмалы, қарсылықты мағына білдіретін сөз.*

**Ал енді**. а) экспр. *Ал, қане, қанеки.* ә) *Осыдан кейін, келесі кезекте.* б) сөйл. экспр. *Тіпті бар ғой, тіпті деген мағынадағы таңғалу немесе қатты күйінуді білдіретін күшейткіш сөз.*

**АЛ**[4]**: ал иіндік.** көне. *Иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол.*

**АЛ**[5] од. **1**. *Қанекей, қане, айда.* **2**. *Біреудің назарын өзіне қарату үшін айтылатын сөз.* **3**. *Бір оқиғаның жалғасын, әрі қарай қалай дамығанын білу үшін қолданылады.* **4**. *Айталық, солай делік.*

**АЛ=** ет. **1**. *Қолға ұстау, көтеру.* **2**. *Бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу.* **3**. *Пайда түсіру, кіріс кіргізу.* **4**. *Жинау, теру.* **5**. *Үйлену, жұбайлы болу, отбасын құру.* **6**. *Тамақ жеу, ішу.* **7**. *Басқа жерді жаулау, өзіне қарату, бағындыру.* **8**. *Аң ұстау.* **9**. *Иттің немесе жыртқыш аңның тістеуі, қабуы.* **10**. *Арнайы жолданған бір заттың қолға келіп тиюі, жетуі.* **11**. *Белгілі бір ұйымға мүше етіп қабылдау: әскер қатарына шақыру немесе белгілі бір оқу орнына қабылдау, қызметке орналастыру.* **12**. *Тұрған жерінен, орнынан қозғау, әкету.* **13**. *Баскиімді, не басқа бір затты шешу, сыпыру.* **14**. *Ажал жету, өлу.* **15**. *Қиып, қырқып тастау.* **16.** *Қызмет орнынан босату.* **17**. *Азайту, кеміту.* **18**. ауыс. *Салыстырып көру, байқау.* **19**. *Ауыстыру, тең көру, айырбастау, тең келтірмеу.* **20**. *Сатып алу. // Күрделі етістіктің құрамында тұрып, негізгі қимылдың жүзеге асу, аспау мүмкіндігін көрсететін, қолдан келу, келмеуді білдіретін көмекші етістік.*

**Ала жөнелді**. а) *Ала қашты.* ә) *Жалғастырып іліп әкетті, ұластырды.* **Ала кетті**. а) *Бірге әкетті, қалдырмады.* ә) *Құр кетпеу, біреуді қоса күйдіру.* **Ала қашты**. *Жұлып ала жөнелді.* **Алар демі бір төбеден соғып тұр**. *Сөзі бір жерден шығып тұр.* **Аларын алды**. *Тиесілісін, керегін алды.* **Алған беттен [бетінен] қайтпады [қайтар емес]**. *Өз дегенін істеді, айтқанға құлақ аспады.* **Алғаның ас болмағыр [ас болмасын, аузыңнан шықсын]**. қарғ. *Алғаның өзіңе бұйырмасын деген мағынадағы кейіп ренжігенде айтылатын сөз.* **Ал келіп [кеп]**. сөйл. *Үдете, үсті-үстіне.* **Алмайтын [жеңбейтін] қамал жоқ.** *Шын кіріссе алынбас бөгет жоқ, орындалмайтын іс, шаруа жоқ.* **Алып алты, жеп жеті болмайды.** *Жұрттан алып-жеп жетіспейді деген мағынада.* **Алып бара жатқан**. сөйл. *Соншалық, елейтіндей, айтарлықтай.* **Алып жүре алады**. *Меңгеріп, игеріп әкетеді.* **Алып кел, барып кел.** *Аяқ-қолы жеңіл, анда-мұнда көп жұмсалатын адам (бала) деген мағынада.* **Алып келеді**. *Тап келтіреді, душар етеді.* **Алып қалды**. а) *Жұмысқа, қызметке қалдырды.* ә) *Пәле-жаладан құтқарды, есен-сау қалдырды.* **Алып қашты**. а) этн. *Қызды ата-ана, ел-жұртынан жасырын әкетті.* ә) *Жалған әңгіме, сөз, лақап.* б) *Ерік бермеді.* **Алып қашу.** этн. *Қызды жасырын, ата-анасына білдірмей әкету, ұзату тойын жасатпай үйлену.* **Алып соғар**. *Бас көтертпейтін, қатты қинайтын.* **Алып соқты [ұрды]**. *Алып ұрды, көтеріп алып жерге жықты.* **Алып та жықты, шалып та жықты.** *Көңіл қалауынша істеді; қолынан бәрі келді.* **Алып ұрды.** *Көтеріп соқты, бір-ақ жықты.* **Алып ұшар**. *Қолды-аяққа тұрмайтын, желіккек.* **Алып ұшқан.** *Желікпе көңілмен елпілдеген.* **Алып ұшты**. а) *Аспанға көтерді, ұшырды, қиялға жетеледі.* ә) *Дегбірсізденді, асықты, еркіне қоймады.* **Алып шықты**. *Құтқарды, қиын-қыстауда жол тапты.*

**АЛА**[1] сын. **1**. *Ақ түстің өзге бір түстермен араласып келген түрі.* **2**. *Мал, хайуанат, құс денесінің немесе денесінің бір бөлігінің ақшыл түсіне басқа да түстердің араласып келгендегі түрі.* **3**. ауыс. *Біртегіс, бірқалыпты емес, әртүрлі. // Көз алмасының ақ түсті қабығы.*

**Ала айран**. *Айғыз-айғыз, лайланған.* **Ала арқан**. а) *Ақ пен қара түсті жүннен, қылдан есілген жуан жіп.* ә) этн. *Тоқтаусыз алмасып келіп отыратын күн мен түннің антиномиялық байланысын бейнелейтін, магиялық күші бар деп есептелген ақ пен қара жіптен аралас етіп есілген, ғұрыптық және моральдық этикалық мәнді.* **Ала арқан қию.** этн. *Билер сотындағы бір шешімге келуді, кесім жасауды бекітуді білдіретін қимылмен орындалатын рәсім.* **Ала бас**. *Біртегіс емес, ақ-қарасы аралас; ойдым-ойдым.* **Ала бел.** *Беларқасы тұсындағы жүні ақ түске араласып кететін мал сипаты.* **Ала берен**. көне. *Еуропадан әкелінген қымбат матадан тігілген көйлек.* **Ала бөртті.** *Қаны бетіне теуіп ашуланды, қызарды; алабұртты.* **Ала бұлт**. *Айнымалы, арты нөсерге әкелетін бұлт.* **Ала бұлтты күн**. *Бұлыңғыр, түнерген, жауын-шашынның алдында болатын күн райы.* **Ала дойыр**. жерг. *Жуан қамшы.* **Ала дорбасы алдына түсті**. *Қайыр сұрады, тілемсектенді.* **Ала жабулы**. *Аралас, сан түрлі, ала-құла, әр тектес.* **Ала жаздай [ала жаз бойы, ала жазға, алты ай жаздай]**. *Бүкіл жаз бойы, жаз аяқталғанша, ұлан жаздай.* **Ала жаулы**. а) *Ала-құла, әртүрлі, бір тегіс емес.* ә) *Дұрдараз, араз.* **Ала жібін аттамады**. *Пендеге жаманшылық ойламады, адал, ниеті оң болды, қиянат қылмады.* **Ала жіп кесу**. көне. а) *Халықтық құқықтанудың іс жүргізу дәстүрінде шешімін тапқан істі білдіретін рәсімі.* ә) *Кету, ренжіп айырылысу.* **Ала жіп кесіскен**. *Ата жау, ежелден келе жатқан.* **Ала кеугім**. сөйл. *Алагеуім (алакөлеңке, таң ата бастаған кез).* **Ала көз**. *Ағы басым үлкен көз.* **Ала көзбен [алара] қарады.** *Жақтырмағанын, ұнатпағанын көзінің қарасымен қимыл-ишараты арқылы білдірді.* **Ала көзімен атты**. *Жек көре қарады, ұнатпады.* **Ала көзімен қарады**. *Жақтырмады, жаратпады, ұнатпады.* **Ала көлең**. сөйл. *Ала көлеңке, елең-алаң кез.* **Ала көрмеді**. *Алаламады, алыс-жақын демей бірдей қарады.* **Ала күңгірт.** *Жарығы әлсіз, бозамық.* **Ала күрең**. а) *Күрең мен өзге түстің араласып келген түрі.* ә) *Солғын түс, күңгірт, әлсіз жарық.* **Ала қағаздың соңына түсті**. *Көп оқыды, білім қуды.* **Ала қанат қар.** *Бір жерде бар, бір жерде жоқ, бір жерде жұқа, бір жерде қалың қар.* **Ала қанат сауысқан**. зоол. сөйл. *Ала сауысқан.* **Ала қаншық боран.** *Бір ашылып, бір қойып, құбылып соққан боран.* **Ала қаптың аузын ашты**. *Ортаға салды, барын аямады, бәрін төкті, сырын ашты.* **Ала қарлы**. *Қары әр жерден бір еріген, ала-құла.* **Ала қарын тары**. жерг. *Тарының ала масақты түрі.* **Ала қозыдай бөлінді**. *Жік-жік болды, ыдырады, басы бірікпеді.* **Ала қозыдай құлпырады.** *Көздің жауын алып, жайнай түседі.* **Ала қой**. *Әртүрлі, біркелкі емес, ірілі-ұсақты қой.* **Ала қоңыз терісі иге көнбес**. *Болмайтын шаруа әу бастан-ақ көрініп тұрады.* **Ала қоржын**. *Алашадан тігілген қоржын.* **Ала қыс**. сөйл. *Ала қыстай.* **Ала қыстай**. *Қыс бойы.* **Ала майы жоқ**. *Семіз емес, арық, жасық (мал еті).* **Ала мойын ноқ**. *Алғыр қаршыға.* **Ала сақал**. *Ақ, қарасы аралас сақалды кісі.* **Аласы аз қара көз**. *Әдемі, қарасы мөлдіреген сұлу көз.* **Ала [сары ала] таң**. *Таң жаңа атып келе жатқан ертеңгілік кез.* **Ала теңбіл**. *Ойдым-ойдым түскен дағы бар, әртүрлі түс араласып келген шұбар ала.* **Ала шаулы.** *Әр алуан.* **Ала шолақ болды**. *Қар ери бастады, жер ала тартты.* **Ала шұбар**. а) *Шұбары басым ала араласқан түс түрі.* ә) *Әркелкі, әртүрлі.* **Ала шұбар бұлт**. *Ала-құла, аспанды тұтас көмкермейтін бұлттың түрі.* **Ала шыбық шапан.** *Жол-жол, жолақ матадан тігілген шапан.*

**АЛА**[2] сын. *Бірлігі жоқ, берекесіз, қиюы қашқан, араз, алауыз. //* ауыс. *Жаман ниет, арам пиғыл. // Араздық, алауыздық.*

**Ала болды.** *Алауыздық жасады, бірлігі кетті.* **Ала білек**. көне. *Үлкен оқ.* **Ала жылан аш бақа.** поэт. *Елді аздырушы, ел ішіне іріткі салушы, пәлеқұмар.* **Ала қарады**. *Бөліп-жарды, бірін артық, бірін кем көрді.* **Ала құйын.** а) *Астан-кестен ұйтқытып соққан боран.* ә) *Ұшып-қонған, жеңілтек мінезді (адам).* **Ала ту**. *Соғыс туы, жалауы.* **Ала тілеу**. *Тілегі басқа, ниеті теріс.* **Ала ұстады**. *Алалады, әділ қарамады.*

**АЛА**[3] зат. көне. *Жылқы ішіндегі көрнекті, жүйрік ат, азбан.*

**АЛА**[4]**: ала байрақ**. сын. көне. *Ерекше белгісі бар.*

**АЛАБАЖАҚ** сын. **1**. *Әлеміш, ала-құла түсті.* **2**. *Біртегіс емес, әртүрлі.*

**АЛАБАЖАҚТАН**= ет. *Алапестену, ала-құла, әлеміш болу.*

**АЛАБАЖАҚТАНУ** *Алабажақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАБАЖЫР** сын. **1**. *Тегіс емес, ала-құла болып бірден көзге түсетін.* **2**. *Аралас, әртүрлі, түрлі-түрлі.*

**АЛАБАЛТА** зат. көне. *Шабуға арналған өткір жүзді, ұзынша сапты ұрыс қаруы.*

**АЛАБАРҚЫН** сын. *Қара қоңыр.*

**АЛАБАРЫС**[1] зат. жерг. *Бұйырғын ғана шығатын тақыр жер.*

**АЛАБАРЫС**[2] зат. жерг. ***Жолбарыс***.

**АЛАБАС: алабас бураша**. *Жынын төгіп қатты шабынған бура тәрізді.*

**АЛАБАУЫР** зат. жерг. *Түйенің іші өтіп, қаталап ауруы.*

**АЛАБОТА** зат. өс. <лат. atriplex> *Алабота тұқымдасына жататын біржылдық немесе көпжылдық шөптесін не шала бұта өсімдіктер туысы.*

**АЛАБОТАЛЫ** сын. *Алаботасы мол, алабота көп өскен.*

**АЛАБОТАДАЙ** сын. *Алабота сияқты, алабота тәрізді.*

**АЛА-БӨЛЕ** үст. **1**. *Ерекше, елден ерек, айрықша.* **2**. *Бөлек, жүйесіз, байланыссыз.*

**АЛАБӨРТ**= ет. *Көңілі жайлану, масаттану, марқаю, масайрау.*

**АЛАБӨРТУ** *Алабөрт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАБӨТЕН** үст. **1**. *Айрықша, ерекше, өзгеше.* **2**. жағымсыз. *Біртүрлі, әдеттегідей емес, басқаша, ерсі.*

**АЛАБҰҒА** зат. зоол. <лат. perca fluviatilis> *Сүйекті балықтар отрядына жататын, дүниежүзі суларына тараған, өзендерде, теңіздерде тіршілік ететін, арқа қанаты үшкір тікен тәрізді балық.*

**Алабұға тәрізділер**. <лат. perciformes> *Алабұға тұқымдас, алабұға секілді сүйекті балықтардың бір отряды.*

**АЛАБҰҒАДАЙ** сын. *Алабұға сияқты, алабұғаға тәрізді.*

**АЛАБҰҒАША** үст. *Алабұға сияқтанып, алабұғаға ұқсап.*

**АЛАБҰҒЫ** зат. зоол. көне. *Теңбіл бұғы.*

**АЛАБҰЛДЫР** сын. *Көмескі, күңгірт бұлыңғыр.*

**АЛАБҰРТ**= ет. **1**. *Ішкі толқудан немесе аурудан, ыстығы көтерілуден адам өңінің қызаруы, бал-бұл жануы.* **2**. *Адамның іштей толқуы, жан сезімінің алып-ұшуы, орнықпауы.* **3**. ауыс. *Табиғат құбылысының немесе заттың түрленуі, құбылуы, құлпыруы.*

**АЛАБҰРТУ** *Алабұрт етістігінің қимыл атауы; іштей толқу.*

**АЛАБҰТА** зат. өс. <лат. chenopodium> *Алабұта тұқымдасына жататын өзен, көл жағасында, сор, сортаң жерлерде өсетін, гүлі қосжынысты, шашақты гүлшоғырына топталған біржылдық өсімдік.*

**Алабұта тұқымдасы**. бот. <лат. chenopodiaceae> *Түзға төзімді шөптесін бұта, ағаш түрінде кездесетін, жапырақтары кезектесіп немесе қарама-қарсы орналасқан, сабағы бунақты, түссіз ұсақ гүлдері бар өсімдіктер.*

**АЛАБҰЙРЕК**[1] зат. жерг. *Түйе малында болатын ауру.*

**АЛАБҰЙРЕК**[2] сын. сөйл. *Ерекше, өзгеше, бөлек.*

**АЛАБҰЙРЕК** зат. көне. егіншар. *Егістіктегі тарының ертерек піскен жерлері, торғайлар балапан басып шыққанға дейінгі піскен тұстары.*

**АЛАБҮЙІ** зат. зоол. <лат. araneus diadematus> *Өрмекші отрядына жататын буынаяқты жәндік.*

**АЛАБҮЛІК** зат. *Бүлдіруші, сойқан салушы, ойрандаушы.*

**АЛАБҮРГЕ** зат. зоол. *Дәнді дақылдардың зиянды паразиті.*

**АЛАГЕУІМ** үст. **1**. *Таң жарығы әлсіз, күңгірт шақ, елең-алаң мезгіл.* **2**. *Ақшам туған апақ- сапақ кешкі уақыт. // Жарық әлсіз түскен, күңгірт.*

**АЛАГЕУІМДЕ**= ет. *Алакөлеңкелеу, көмескілеу, бозғылттандыру.*

**АЛАГЕУІМДЕН**= ет. *Жарықтың күңгірттеніп, көмескіленіп түсуі.*

**АЛАГЕУМДЕНУ** *Алагеуімден етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАГӨБЕ**[1] үст. **1**. *Таң атып келе жатқан кез, құлқын сәрі.* **2**. *Кеш батып келе жатқан алаң-елең кез, іңір.*

**АЛАГӨБЕ**[2] сын. *Аламыш, ала-құла.*

**АЛАГӨБЕДЕН** үст. *Таң атпай, ертемен.*

**АЛАГӨБЕҢ**[1] сын. жерг. *Ішіп-жемдiлiгi ғана бар, орта шаруалы.*

**АЛАГӨБЕҢ**[2] үст. сөйл. ***Алагөбе*** *(құлқын сәрі).*

**АЛАГӨБЕҢ**[3] сын. *Болар-болмас, күңгірт, әлсіз (жарық, сәуле). // Таң атар-атпас кез, алагеуім. // Ымырт жабылып, қараңғы түсе бастаған кез.*

**АЛАГҮЛІК**[1] зат. вет. *Түйе малының ауруы.*

**Алагүлік келгір**. *Түйе малына қаратыла айтылатын қарғыс.*

**АЛАГҮЛІК**[2] зат. жерг. *Жер құртының бір түрі.*

**АЛАГҮЛІК**[3] сын. жерг. *Реніштi, өкпелі.*

**АЛАГҮЛІК**[4] зат. зоол. <лат. lutta vesiatoria> *Қаттықанаттылар отрядының зауза-қоңыздар тұқымдасына жататын зиянкес қоңыз.*

**АЛАГҮЛІК**[5] сын. *Абыр-сабыр, оңдысолды.*

**АЛАҒАЙ** зат. *Жылқы соққан алай-түлей жел, дауыл. // Астан-кестен, алай-түлей.*

**Алағай да бұлағай.** бейн. *Алай-түлей, әлем-жәлем.*

**АЛАҒАЙ-БЫЛАҒАЙ: алағай-былағай заман**. сөйл. *Сапырылысқан, астан-кестен кез, аласапыран уақыт.*

**АЛАҒАЙЛЫ** сын. *Желді, желкем; алай да бұлай дауылды.*

**АЛАҒАН: алаған қол**. *Алғыш, алуға икем, ала білген (адам).*

**Алаған қолым береген.** *Мырзалық етіп біреуге бере де білем, ала да білем.*

**АЛАҒАНШЫҚ** зат. *Бір басылып, қайтадан ұйтқып соғатын боран, бурқасын.*

**Алағаншық сырғыма [борасын]**. *Жер бауырлай соғып, қарды ұшырып, сырғытып әкететін ұйтқыма боран.*

**АЛАҒАНШЫҚТА**= ет. *Екпінi қатты желдің қарды ұйтқытуы, боратуы.*

**АЛАҒАНШЫҚТАН**= ет. *Ұйтқыта соққан боранның бір бәсеңдеп, бір күшеюі.*

**АЛАҒАНШЫҚТАНУ** *Алағаншықтан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҒАТ** сын. жерг. *Біртегіс емес, ала-құла.*

**Алағат дауыс беру.** *Сайлау кезінде дауыстың бөлінуі.*

**АЛАҒАТТАН**= ет. жерг. *Ала-құлалану, ала-құла болу.*

**АЛАҒАТТАНУ** *Алағаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҒҰРТ** зат. қолөнер. ***Алақұрт***.

**АЛАҒҰС** сын. сөйл. *Әумесер, делқұлы.*

**АЛАҒЫЗ**= ет. *Елегізу, елеңдеу, еліру; көңілдің алып-ұшуы, байыз таппауы.*

**АЛАҒЫЗУ** *Алағыз тістігінің қимыл атауы.*

**АЛАДҮБІР** зат. *Алыпқашпа сөз, дақпырт, дабыра.*

**АЛАЕТЕК** зат. *Түрлі-түсті жолақты мата.*

**АЛАЖАҚ** зат. жерг. ***Алашақ.***

**АЛАЖАҢҚА** сын. жерг. *Ала-құла, біркелкі емес; мазасыз.*

**АЛАЖӘУКІМ** сын. жерг. *Андыз-андыз, бытырай отырған.*

**АЛАЖЕРТЕСЕР** зат. зоол. жерг. <лат.diplomesodan pulchellun> *Түсі ала тышқанның бір түрі.*

**АЛАЗАН** зат. балықшар. *Тұқы тұқымдасына жататын қызылкөз балықтардың бір түрі; еті дәмді кәсіптік маңызы бар балық.*

**АЛАЙ**[1] зат. малшар. *Ұяң жүнді қой тұқымының бір түрі.*

**АЛАЙ**[2] шыл. сөйл. *Алайда шылауының қысқартылып айтылған түрі.*

**АЛАЙ**= ет. **1**. *Көз шарасының кеңеюі, көздің аларуы.* **2**. ауыс. *Жақтырмай, ұнатпай едірейе қарау.*

**АЛАЙ-БҰЛАЙ** үст. *Олай-бұлай, біресе олай, біресе бұлай.*

**Алай-бұлай болса**. сөйл. *Алда-жалда, жазатайым өліп кетсе, о дүниелік болып кеткен жағдайда.* **Алай-пұлай болса**. жерг. ***Алай-бұлай болса***.

**АЛАЙДА** шыл. *Дегенмен, бірақ та, сөйтсе де, сонда да, әйткенмен.*

**АЛАЙДА-БҰЛАЙ** үст. *Олай да бұлай, әрлі-берлі.*

**АЛАЙ-ДҮЛЕЙ** үст. сөйл. ***Алай-түлей***.

**АЛАЙТ**= ет. *Көзін аларту, көз шарасын үлкейту.*

**АЛАЙТУ** *Алайт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАЙ-ТҮЛЕЙ** үст. **1**. *Астан-кестен, ұйқы-тұйқы, әлем-тапырақ, ойран-топыр.* **2**. ауыс. *Қатты толқу, ішкі сезім әсерінен түскендегі күйіп-жану.*

**Алай-түлей [дүлей] болды**. *Астан-кестені, ұйқы-тұйқысы шықты.* **Алай-түлей боран [дауыл]**. *Ұйтқып немесе боратып соққан қатты жел.* **Алай-түлей түтеген боран.** *Ұйытқыған немесе боратып соққан қатты жел.*

**АЛАКЕУІМ** үст. сөйл. ***Алагеуім***.

**АЛАКЕУІМДЕ**= ет. сөйл. ***Алагеуімде***.

**АЛАКӨЗ**[1] зат. зоол. сөйл. <лат. aythya nyroca> ***Алакөз сүңгуір.***

**Алакөз сүңгуір**. зоол. <лат. aythya nyroca> *Қаз тәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын су құсы.*

**АЛАКӨЗ**[2] сын. *Араз, қырғиқабақ, дүрдараз. // Араздық, дүрдараздық.*

**Алакөз болды**. *Араздасты, қырғиқабақ болды.* **Алакөз қылды [жасады]**. *Араздастырды, қырғиқабақ болғызды.*

**АЛАКӨЗДЕН**= ет. **1**. *Көзін аларту, бақыраю.* **2**. ауыс. *Араздасу, жақтырмау, жек көру.*

**АЛАКӨЗДЕНУ** *Алакөзден етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАКӨЗДІ** сын. **1.** *Ағы басым үлкен көзді (адам).* **2**. ауыс. *Араз, дүрдараз.*

**АЛАКӨЗДІК** зат. *Араздық, қырғиқабақтық, наразылық.*

**АЛАКӨЛЕҢ** үст. *Қараңғылық тарай бастаған, таң атар кез, елең-алаң.*

**АЛАКӨЛЕҢКЕ**[1] үст. **1**. *Қарауытқан*

*кешкі мезгіл.* **2**. *Таң қылаң беріп келе жатқан елең-алаң кез.*

**АЛАКӨЛЕҢКЕ**[2] сын. *Сәулесі әлсіз, күңгірт, көмескі. // Көмескі жарық немесе әлсіз шамның күңгірт жарығы.*

**АЛАКӨЛЕҢКЕЛЕ**= ет. *Күңгірт тарту, бозару.*

**АЛАКӨЛЕҢКЕЛЕН**= ет. *Таң сібірлеуі, бозару, күннің ұясына енуі.*

**АЛАКӨЛЕҢКЕЛЕНУ** *Алакөлеңкелен етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАКӨҢІЛ** сын. **1**. *Дегбірсіз, алаңдаған, көңілі күпті. // Күдік, күмән.*

**Алакөңіл болды**. *Дегбірі кетті, алаңдады, көңілі күпті болды.* **Алакөңіл етті**. *Дегбірін алды, алаңдатты, көңілін күпті қылды.*

**АЛАКӨҢІЛСІЗ** сын. сөйл. *Күдіксіз, күмәнсіз, алаңсыз.*

**АЛАКҮЙЕК** зат. вет. *Түйе малының ауруы.*

**АЛАКҮЛІК** зат. кәс. **1.** *Шөпте болатын улы құрт.* **2.** *Малда болатын ауру түрі.*

**АЛАКҮЛТЕЛІ: алакүлтелі қызғалдақ**. өс. <лат. tulipa heteropetala> *Лалагүлділер тұқымдасына жататын қызғалдақ туысының бір түрі, көпжылдық баданалы өсімдік.*

**АЛАКҮШІК**[1] зат. ойын. *Жастар (көбіне балалар) өзара кезектесіп, бірі күшік болып, қалғаны соны мазақтап жүгірісіп ойнайтын халық ойыны.*

**АЛАКҮШІК**[2] зат. көне. *Жау қолына түскен жесір.*

**АЛАҚ** елік. *Шошына я болмаса жаратпай жалт қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алақ етті**. *Көзі шарасынан шыға бажырайды.*

**АЛАҚА**[1] зат. көне. *Бағa, құн*

**АЛАҚА**[2] зат. діни. *Жабысқақ ұрықтанған жасуша.*

**АЛАҚАБДАЛ** сын. жерг. **1**. *Алашабыр, ала-ала.* **2**. ауыс. *Орнықсыз, әрі-сәрі, тұрақсыз.*

**АЛАҚАБЛАН** сын. жерг. *Әркелкі, әртүрлі, ала-құла.*

**АЛАҚАЗ** зат. зоол. сөйл. <лат. tadorna tadorna> *Сарала қаз (сырт көрінісі қазға да, үйрекке де ұқсайтын жалпақ тұмсықтылар отрядына жататын ірі құс, итала қаз).*

**АЛАҚАЙ** од. **1**. *Қуанып, шаттанғанды білдіретін сөз.* **2**. *Балалардың қуанғанда айтатын сөзі. // Қуаныш, шаттық.*

**АЛАҚАЙЛА**= ет. **1**. *«Алақай, алақай» деп қуану.* **2**. *Мәз-мәйрам болып, балаша қуану, ризашылық көңіл-күй білдіру.* **3**. ауыс. *Жайнау, жадырау, құлпыру.*

**АЛАҚ-АЛАҚ** елік. *Жан-жағына жалтақжалтақ көз салып, алақ-жұлақ қарай берген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алақ-алақ етті**. *Алақ-жұлақ етті, алақтады.*

**АЛАҚАЛЖЫҢ** зат. *Ойланбай айтып қалған, көңілге тиетін дөрекі қалжың.*

**Алақалжың, ақтай күлкі**. *Қатты айтылған қалжың, ағынан жарылған күлкі.*

**АЛАҚАН** зат. **1**. *Бес саусақ пен білезіктік аралығындағы қолдың ішкі жақ аясы.* **2**. *Қамшының сабына орнатылған өрменің түбін бекіткен жердегі жалпақтау келген қайыс.* **3**. *Беті-қол сүртетін орамалдың екі жақ ұшына тақау жері.* **4**. *Айылдың ат төсі мен шабын орап тұратын бөлігі.* **5**. бот. *Өсімдік жапырағының сабағымен жалғасатын жалпақ бөлігі.* **6**. зерг. *Үзбелер, алтын, күміс теңгелер орналасатын шолпының жалпақ бөлігі.*

**Алақан бедері**. биол. *Алақандағы тері өрнегі.* **Алақанға көтерді**. *Құрметтеді, аялады, ардақтады.* **Алақанға қонды**. *Аяланды, қамқорлыққа алынды.* **Алақанға қондырды**. а) *Айтқанына жүргізді, көндірді, дегенін болдырды.* ә) *Әйел етіп алды, мәпеледі.* **Алақанға салғандай [салып қойғандай]**. *Анық, айқын, белгілі, ап-айқын, дәп-дәл.* **Алақанға салды**. а) *Әлпештеді, мәпелеп өсірді, еркелетті.* ә) *Дәлелдеді, көзін жеткізді, қолына ұстатты.* **Алақанға түрды**. жерг. *Бағынды, мойынсұнды, басымдығын мойындады.* **Алақанға түкірісті.** *Бір іске бел шешіп кірісуге дайын екенін білдірісті.* **Алақанда аялады**. *Әлпештеді, мәпеледі.* **Алақандағы асықтай**. *Анық, айқын.* **Алақанда жатқандай**. *Ашық, айқын, ап-анық.* **Алақанда ойнатты**. *Бір істі түбегейлі меңгерген адамның қолына берілді.* **Алақанда өсті**. *Көз алдында ержетті, мәпеленді.* **Алақанда ұстап тұрғандай**. жағымсыз. *Жеткізді, қарық қылып отырғандай.* **Алақан жайды**. а) *Бата жасағанда қос қолдың алақанын бір-біріне түйістіре ұстап, тілек тіледі.* ә) *Өсімдіктің өсуі, жапырағын жаюы, көгеруі.* б) *Телміріп дәме етті, тіленді, біреуге қарады.* в) *Қайыр сұрады.* г) *Шарасыздық таныту ишараты.* **Алақан жаю.** этн. *Бата бергенде, Құран оқыған сәтте отырған адамдардың оған назар аударып, тыныштық сақтай отырып, қос қолын жайып, алақанын бірбіріне жақындатып, саусақтарын түйістіріп ұстау жосыны.* **Алақан көз**. *Бадырайған үлкен, шаралы көз.* **Алақан қышуы басылмады**. *Айызы қанбады, құмарынан шықпады; дегені болмады.* **Алақаннан түспеді**. *Құрмет көрсетті, сыйлады, қолдан қолға тигізбеді, табанын жерге тигізбеді.* **Алақанның аясында**. *Бәрі көз алдында, анық; танымал, алақанға салғандай.* **Алақанның аясындай**. *Өте кішкентай, көлемсіз, енсіз, тар, алақанға сыйғандай.* **Алақанның аясындай көрінді**. *Анық, айқын.* **Алақанның жылуы.** *Қамқорлық, қайырымдылық, жақсылық.* **Алақанның табын сезді**. *Қамқорлықты сезінді.* **Алақан соқты [ұрды, шапалақтады]**. *Қошеметтеу, құрметтеу, құптау, қуану ишаратын білдіріп, қос қолының алақанын бір-біріне ұрды.* **Алақаны ашық [кең]**. *Кеңпейіл, жомарт, берекен.* **Алақаны кең**. *Береген, жомарт, қолы ашық.* **Алақаны қалақтай.** *Алақаны жалпақ, үлкен.* **Алақаны қышыды**. а) *Біреуден бір нәрсе дәметуді, алуды білдіретін белгі.* ә) *Жұмыс істегісі келді.* **Алақанымен аузын басты**. *Үндемеу, сөйлемеу немесе сөйлеуге болмайды дегенді білдіретін қимыл ишарат.* **Алақанына қаратты**. *Айтқанына көндірді, дегенін қылды; қолына қаратты.* **Алақанына салды.** *Аялап, әлпештеп өсірді, мәпелеп тәрбиеледі.* **Алақанына түкірді**. *Бір іске кірісуге даяр екенін, құлшынғанын білдіретін ишарат.* **Алақанына түсті**. *Іздемейақ табылды, өз-өзінен табыла кетті.* **Алақанын жастанды**. *Алақанымен басын сүйеді, алақанын басына төседі.* **Алақанын толтырды**. *Уысын толтырды.* **Алақанын төседі**. *Құлатпады, аялады, демеді.* **Алақанын уқалады**. *Көңілі толғанды, риза болғанды білдіретін ишарат.*

**АЛАҚАНАТ** сын. *Қары тұтас ерімеген, ала-құла, алашабыр.*

**Алақанат қар**. *Қар аралас жауын-шашын, жапалақтап жауған қар.*

**АЛАҚАНДА** үст. **1**. *Көз алдында.* **2**. ауыс. *Сыры мәлім, құпиясы белгілі.*

**Алақанда тұрғандай**. *Ойындағысы іске асқандай, қол жеткендей, арманы орындалғандай.*

**АЛАҚАНДАҒЫДАЙ** үст. *Белгілі, апайқын, ап-анық.*

**АЛАҚАНДАЙ** сын. **1**. *Алақанның көлеміндей.* **2**. ауыс. *Шағын, көлемсіз, кішкентай.* **3**. *Үлкен, көлемді.*

**Алақандай жер**. *Көлемі шағын, тар аумақ.* **Алақандай көз**. *Шарасы кең, үлкен көз.*

**АЛАҚАНДАП** үст. **1**. *Алақанын толтырып, алақанымен.* **2**. ауыс. *Аялап, мәпелеу.*

**АЛАҚАНСОҚПАҚ** зат. ойын. *Қыз-бозбала бас қосқанда ойнайтын ойын.*

**АЛАҚАНШЫҚ: алақаншық боран.** *Бір бәсеңдеп, бір ұйытқып соққан боран.*

**АЛАҚАРАҚ**[1] зат. вет. *Жылқы малының шеміршек ауруы, жылқыдағы тышқаншық ауруының асқынған түрі.*

**АЛАҚАРАҚ**[2] үст. *Алагеуім шақ, таң сібірлеген мезгіл.*

**АЛАҚАРҒА** зат. зоол. <лат. corvus cornix> **1**. *Басы, қанаты және құйрығы қара, арқасы мен бауыры сұрғылт, тұмсығы ұшкір, торғайлар отрядының қарға тұқымдасына жататын құс.* **2**. ауыс. бейн. *Ашықауыз, босбелбеу, сылбыр, аңқау (адам туралы).*

**АЛАҚАРЫҚ** зат. сөйл. ***Алақарақ***.

**АЛАҚАТ** сын. **1**. *Жойқын, алай-түлей, күшті.* **2**. *Біртұтас емес, шала-шарпы, боларболмас.*

**АЛАҚАУДАН** сын. **1**. *Сирек, әр тұстан бір.* **2**. *Алабөтен, елден ерекше.*

**АЛАҚАШПА** сын. *Дерексіз, өсек-аяңшыл, өтірік.*

**АЛАҚ-БҰЛАҚ** елік. жерг. *Алақ-жұлақ.*

**АЛАҚ-ЖАЛАҚ** елік. сөйл. *Алақжұлақ.*

**АЛАҚ-ЖҰЛАҚ** елік. *Сасқанда, қорыққанда т.б. жан-жаққа алақтап, жалтақтап қарағыштаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алақ-жұлақ етті**. *Жалтаңдады, жалтақтап қарай берді.*

**АЛАҚИҒАШ: алақиғаш салды**. жерг. *Қиғылық салды, қыңырлық көрсетті.*

**АЛАҚОЛ** сын. **1**. *Біреуге олай, біреуге бұлай қарайтын, әділетсіз.* **2**. ауыс. *Қалай болса солай, жарым-жартылай күйдегі шала, шикі.*

**Алақол болды**. *Іске жүрдім-бардым қарады.*

**АЛАҚОЛДЫЛЫҚ** зат. *Алалаушылық, бірдей қарамаушылық, әділетсіздік.*

**АЛАҚОЛСЫЗ** сын. *Көпке бірдей, ешкімді алаламайтын, әділ.*

**АЛАҚОРЖЫН** зат. зоол. <лат. lagurus> *Тышқан тұқымдасына жататын, жотасы қызғылт сұр, жонында тұмсығынан құйрығына дейін жіңішке қара жолағы бар, қысқы ұйқыға жатпайтын кеміргіш.*

**АЛАҚ-САЛАҚ** үст. сөйл. *Алқамсалқам, ашылып-шашылып, қалай болса, солай.*

**АЛАҚТА**= ет. **1**. *Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ ету.* **2**. *Сасқалақтау, не істерін білмей қалу.* **3**. *Көңілдің бөлінуі, орнықпауы; алабұрту, алаңдау.* **4**. *Қорқу, үрейлену.* **5**. *Ашу-ыза кернегеннен алақ-жұлақ ету.* **6**. *Жанжағын мұқият барлап, әр сыбдырға алаңдап, мүлгімеу.*

**АЛАҚТАС**= ет. *Бірнеше адамның алақжұлақ етіп, асып-сасуы.*

**АЛАҚТАСУ** *Алақтас етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҚТАТ**= ет. *Көзін алақ-жұлақ еткізіп ойнату.*

**АЛАҚТАТУ** *Алақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҚТАУ** *Алақта етістігінің қимыл атауы; көзін алақ-жұлақ еткізу.*

**АЛАҚҰЙРЫҚ** зат. *Құйрығы теңбіл қой.*

**АЛАҚҰЙЫН** зат. **1**. *Күтпеген жерден, аяқ астынан тез басталып, тез тоқтайтын ұйтқып соққан қатты желдің айналма қозғалысы.* **2**. ауыс. *Айнымалы, құбылмалы мінез.* **3**. ауыс. *Айнымалы, құбылмалы кез, уақыт, мезгіл.*

**Алақұйын етті**. *Тынышын кетірді, әлем-тапырық қылды.* **Алақұйын мінез.** *Айнымалы, құбылмалы мінез.*

**АЛАҚҰЙЫНДАН**= ет. *Әлем-тапырық болу, қатты толқу.*

**АЛАҚҰЙЫНДАНУ** *Алақұйындан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҚҰЙЫНДАТ**= ет. *Тынышын кетіру, әлем-тапырақ қылу.*

**АЛАҚҰЙЫНДАТУ** *Алақұйындат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛА-ҚҰЛА** сын. **1**. *Әр алуан түстің араласып келуі, әртүрлі, біркелкі емес.* **2**. *Біртегіс емес, әртүрлі шамада, біркелкілік жоқ.* **3**. *Бірдей емес әркелкі, бірі жақсы, бірі жаман, бірі артық, бірі кем.*

**Ала-құла болды**. *Әрқалай, бірі бұлай, бірі олай болды.* **Ала-құла көрді**. *Бірдей көрмеді, алалады.*

**АЛА-ҚҰЛАЛЫҚ** зат. **1**. *Әртүрлілік.* **2**. *Кірбің, реніш, өкпе.* **3**. *Шалағайлық.*

**АЛАҚҰМАЙ** зат. зоол. <лат. gyps shimalayensis> *Басы, мойны, құйрығының үсті ақ, тықыр мамықты, арқасы ақшыл сары, бүркіт тәріздiлер тұқымдасына жататын жыртқышқұс.*

**АЛАҚҰР** зат. қолөнер. *Ұзындық өлшейтін құрал.*

**АЛАҚҰРТ**[1] зат. *Бүргелер отрядына жататын жәндіктер, вермипсиллез ауруының қоздырғышы.*

**АЛАҚҰРТ**[2] зат. қолөнер. *Теңбіл-теңбіл болып көрінетін бұйым шетіне салынатын ұсақ ою-өрнек түрі, кілем өрнегі.*

**Алақұрт жиек.** қолөнер. *Сырмақшылық өнерінде киіз оюын қиюластырғанда, ою шетіне басылған иіріліп ширатылған жиектің тігіс жібінің белінен басып тігілген тігіс түрі.*

**АЛАҚҰРТТА**= ет. қолөнер. *Алақұрт оюын салып өрнектеу.*

**АЛАҚҰРТТАУ** *Алақұртта етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҚҰС** сын. жағымсыз. *Парықсыз, ойсыз, жетесіз.*

**АЛАҚШЫ** [ар. هلاك] зат. миф. *Кісі өлтіруші; ажал.*

**АЛАҚШЫН** зат. жерг. *Пештің аузына шоқ жаю үшін кірпіштен қалап жасалған орын.*

**АЛАҚЫЗБА** сын. *Тым қызба.*

**АЛАЛ** [ар. حلال] сын. ескікіт. ***Адал***.

**Алалға қол босарлық .** *Адалға жүрелік деген мағынада.*

**АЛАЛА**= ет. *Бірдей көрмеу, тең санамау, бөлектеу, әртүрлі қарау.*

**АЛАЛАН**= ет. *Ақ түстің өзге бір түстермен араласып келуі.*

**АЛАЛАНУ** *Алалан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАЛАУ** *Алала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірдей көрмеу, тең санамау, бөлектеу.* **2.** экон. *Экономикалық субъектілердің кейбіреулеріне негізсіз қысым жасау, оларды қолайсыз жағдайға ұрындыру.*

**АЛАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Тең ұстамаушылық, тең көрмеушілік.*

**АЛАЛЫ** сын. *Ала түсті, әртүрлі түс араласқан.*

**Алалы жылқы, ақты [ақтылы] қой**. *Табын-табын жылқы, қотан-қотан қой.*

**АЛАЛЫҚ** зат. **1**. *Бірдей еместік, әртүрлілік, айырмашылық.* **2**. *Бөтендік, жаттық.* **3**. *Алауыздық, дұшпандық, қырғи-қабақтық.*

**АЛАЛЫҚСЫЗ** сын. сөйл. *Шын көңілмен, таза ниетпен, қалтқысыз адалдықпен.*

**АЛАЛЫ-ҚҰЛАЛЫ** сын. сөйл. ***Ала-құла***.

**АЛАМАЙ** зат. **1**. *Ішектің айналасына, көздің жиегіне біткен май қабаты.* **2**. *Бір нәрсенің айналасы, төңірегі.* **3**. *Аражігі.*

**АЛАМАЙЛА**= ет. *Лаң салу, бүлдіру, бүлік-салу.*

**АЛАМАЙЛАУ** *Аламайла етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАМАЙЛЫ** сын. *Құйысқандығы толық, құйымшағы майлы, қоңды.*

**АЛАМАН**[1] зат. **1**. *Көпшілік, бұқара.* **2**. көне. *Шапқыншы қол, жортуылшы топ.* **3**. *Жаужүрек, алған бетінен қайтпайтын, қайсар адам.*

**АЛАМАН**[2] көне. *Қазақ руларының байырғы ұраны.*

**АЛАМАН**[3] сын. *Ұлы, үлкен, аса зор.*

**Аламан айтыс**. *Әртүрлі ақындардың қатысуымен өтетін үлкен айтыс.* **Аламан ау**. кәс. *Көзінің кеңдігі 8 мм майшабақ аулайтын аудың түрі.* **Аламан бәйге**. этн. *Қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойынының түрі, ат жүз шақырым қашықтыққа дейін шабатын бәйге.* **Аламан соғыс.** *Бүкіл халық қатысқан үлкен соғыс.*

**АЛАМАН**[4] зат. зоол. <лат. cricetus cricetus> *Егіске зиян келтіретін ұсақ кеміргіштер тобына жататын тышқанның түрі.*

**АЛАМАН**[5] зат. саят. *Бүркіттің ақиығы, алғыр тұқымы.*

**АЛАМАН**[6] зат. көне. *Кешірім; сауға.*

**АЛАМАН-АСЫР** зат. жерг. ***Аламан-тасыр***. // *Дүрбелең, аласапыран.*

**АЛАМАНДАП** үст. *Жапа-тармағай, түгел, жаппай.*

**АЛАМАНДЫҚ** зат. **1**. көне. тар. *Жаугершілік, шапқыншылық.* **2**. ауыс. *Қыңырлық, қиқарлық.*

**АЛАМАНСЫР** зат. сөйл. ***Аламан-тасыр***.

**АЛАМАН-ТАСЫР** зат. *Опыр-топыр, тасыр-тұсыр, алай-түлей, астан-кестен.*

**АЛАМАН-ТАСЫРЛЫ** сын. *Тасыр-тұсырлы, дүбірлі.*

**АЛАМАНША** үст. *Аламан секілді, аламанға ұқсап.*

**АЛАМАНШЫ** зат. ***Аламан***.

**АЛАМАНШЫЛЫҚ** зат. *Қырғын, шапқыншылық.*

**АЛАМАТ**[1] зат. сөйл. *Әлем, ғаламат; таңғажайып оқиға.*

**АЛАМАТ**[2] зат. жерг. *Әлеумет, халайық.*

**АЛАМЫШ** зат. сөйл. ***Әлеміш*** (*әшекей, өрнек, оюдың түрі*).

**АЛАМЫШТА**= ет. сөйл. ***Әлемішmе***.

**АЛАМЫШТАН**= ет. сөйл. ***Әлеміштен***.

**АЛАМЫШТАНУ** *Аламыштан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАМЫШТАУ** *Аламышта етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАН** зат. зоол. *Барыстың күшігі.*

**АЛАНИЕТ** сын. *Ниеті бұзық, теріс пиғылды.*

**АЛАҢ**[1] зат. **1**. *Ашық, тегіс жер.* **2.** *Қоғамдық құрылыстардың орталығындағы, қала немесе кент көшелерінің құрамына кіретін біртұтас сәулетті ашық жер.* **3**. спорт. *Спорт ойындарын, жарыстарды өткізуге арналған алаң.* **4**. ауыс. *Кеңістік.* **5**. ауыс. *Шаршы топ, аудитория.*

**Алаң жұрт**. *Қонысқа жайлы, көгорай, шалғынды жер.*

**АЛАҢ**[2] сын. *Беймаза, елегізулі, мазасыз.* // *Үрей, қорқыныш.*

**Алаң болды**. а) *Алаңдады, көңілі бөлінді.* ә) *Мазасызданды, қобалжыды, абыржыды.* б) *Әуре болды, әуреленді, әбігерге түсті.* **Алаң көз**. *Жалтақ көз.* **Алаң қылды [етті]**. *Алаңдатты, мазалады, көңілін бөлді.* **Алаң етті**. *Ойы, көңілі бөлінді, алаңдады.* **Алаң мезгіл**. *Ұрымтал сәт.* **Алаңы жоқ.** *Мазаланатын реті жоқ, бәрі ойдағыдай.*

**АЛАҢ**[3] зат. вет. *Мал індетінің атауы; қойда болатын топалаң ауруының бір түрі.*

**АЛАҢ**[4] еліқ. *Елең етіп жалт қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алаң етті**. *Алақ-жұлақ етті, алақ-жұлақ қарады.*

**АЛАҢ-АЛАҢ** еліқ. *Жан-жағына жалт-жұлт қарағыштаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алаң-алаң етті**. *Жан-жағына алақ-жұлақ, жалт-жұлт қарады.*

**АЛАҢ-БЕЛЕҢДЕ** үст. сөйл. *Елең-алаңда.*

**АЛАҢ-БҰЛАҢ**[1] сын. **1**. *Құбылмалы, айнымалы, өзгермелі.* **2**. ауыс. *Аңғал, аңқылдақ, алаңғасар.*

**АЛАҢ-БҰЛАҢ**[2] еліқ. *Алақ-жұлақ етіп, жалтақтаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алаң-бұлаң етті.** *Алақ-жұлақ етті, жалтақтады.*

**АЛАҢҒАСАР** сын. *Қулығы жоқ, алды-артын байыптамайтын аңғал, аңғырт адам.*

**АЛАҢҒАСАРЛАН**= ет. *Істің байыбына бармау, парқын айырмау.*

**АЛАҢҒАСАРЛАНУ** *Алаңғасарлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАҢҒАСАРЛЫҚ** зат. *Аңқаулық, аңғырттық, шалағайлық, аңғалдық.*

**АЛАҢҒЫТ** сын. жерг. *Бозғылт, ағарыңқы.*

**АЛАҢДА**= ет. **1**. *Көздің алаңуы, алақтауы.* **2**. *Елеңдеу, елегізу, жалтақтау.* **3**. ауыс. *Көңілі орнықпау, байыз таппау, мазасыздану.*

**АЛАҢДАС**= ет. *Елегізісу, елеңдесу, мазасыздану.*

**АЛАҢДАСУ** *Алаңдас етістігінің қимылатауы.*

**АЛАҢДАТ**= ет. **1**. *Елеңдету, назар аудару, көңіл бөлдіру.* **2**. *Мазасыздандыру, тынышын кетіру.*

**АЛАҢДАТУ** *Алаңдат етістігінің қимыл атауы*

**АЛАҢДАУ** *Алаңда етістігінің қимыл атауы; көңілі орнықпау, мазасыздану.*

**АЛАҢДАУШЫЛЫҚ** зат. *Беймазалық, қобалжушылық, мазасыздық.*

**АЛАҢДЫҚ** зат. сөйл. ***Алаңдаушылық***.

**АЛАҢ-ЕЛЕҢ** үст. *Таң қылаң беріп келе жатқан ертеңгілік шақ.*

**АЛАҢЖЕР** зат. *Жолдың қос қапталы.*

**АЛАҢ-ЖҰЛАҢ** еліқ. *Жан-жағына жалтақтап, алақтап қарағыштаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алаң-жұлаң етті**. *Жан-жағына алақтап қарағыштады, үрпектеді.*

**АЛАҢҚАЙ** зат. **1**. *Шағын ашық, тегіс жер.* **2**. *Тұрғын үйлердің әрбір қабатындағы бос қалдырыған бөлік, кішкене алаң.*

**АЛАҢҚАРАҚ** зат. көне. *Елең-алаң, таңсәрі.*

**АЛАҢ-ҚҰЛАҢ**[1] үст. *Енді-енді, жаңа-жаңа, бірте-бірте.*

**АЛАҢ-ҚҰЛАҢ**[2] еліқ. *Алақ-жұлақ етіп, алақтап қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Алаң-құлаң етті**. *Алақ-жұлақ етті, алақтады.*

**АЛАҢҚЫ** зат. сөйл. ***Алаңқай***. *Ашық, тегіс жер.*

**АЛАҢ-САЛАҢ** сын. *Аумалы-төкпелі, аласапыран.*

**АЛАҢСЫЗ** сын. **1**. *Алаңдамай, басқа нәрсеге көңілін бөлмей, жан-тәнімен.* **2**. *Қауіп-қатер күтпей, қаннен-қаперсіз, бейқам.* **3**. *Уайым-қайғысыз, жайбарақат; ойсыз.* **4**. *Таза көңілден, шын жүректен, қалтқысыз.*

**АЛАҢСЫЗДЫҚ** зат. *Уайымсыздық, қаннен-қаперсіздік, бейқамдық.*

**АЛАҢША** зат. сөйл. ***Алаңшық.***

**АЛАҢШЫҚ** зат. *Көлемсіз, кішкентай алаң.*

**АЛАӨКПЕ** зат. *Жұқпалы мал ауруы.*

**Алаөкпе тигір!** қарғыс. *Кеселге ұшырағыр!*

**АЛАП** [ар. حلب] зат. **1**. *Кең көлемді тегіс жер, кең алқап (егістік), өңір, алаң, аңғар.* **2**. геогр. *Өлке, аймақ.* **3**. *Көлем, аумақ.*

**АЛАПА** [франц. trophee] зат. **1**. *Тұрақты қызметтегі әскердің ат-көлігіне хан, мемлекет тарапынан беріліп отырған, халықтан салық түрінде жиналған азық.* **2**. *Олжа, пайда, табыс.* **3**. *Пара, алым, ауызбастырық.* **4**. этн. *Әдет-ғұрып бойынша берілетін кәделі сыйлық, жөн-жоралғы.*

**АЛАПАЙ**[1] зат. көне. *Соғыста, жаугершілікте түсетін олжа.*

**АЛАПАЙ**[2] сын. сөйл. ***Алапат.***

**АЛАПАРДАЙ** сын. жерг. *Үлкен, бақырайған, бадырайған.*

**АЛАПАТ**[1] зат. *Ауыртпалық, қауіп-қатер, қиыншылық.*

**АЛАПАТ**[2] зат. *Болмыс, тұрпат; күш.*

**АЛАПАТ**[3] сын. *Орасан зор, керемет, ғаламат.*

**Алапат майдан.** *Қауіп-қатерлі кезең, кескілескен сұрапыл соғыс.* **Алапат сезім**. поэт. *Бойды алып, ақылды жеңетін күшті толғаныс.*

**АЛАПАТТАН**= ет. *Күшею, дүлейлену, ызбарлану.*

**АЛАПАТТАНУ** *Алапаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАПАТТЫ**[1] сын. *Қауіп-қатерлі, қасіретті.*

**АЛАПАТТЫ**[2] сын. *Күшті, айбатты, айбынды.*

**АЛАПАТТЫ**[3] сын. ***Алапат.***

**АЛАПАТТЫҚ** зат. *Ғаламаттық, кереметтік, орасандық.*

**АЛАПЕС** зат. мед. <грек. lepra> *Лепра микобактериясы туғызатын созылмалы жұқпалы ауру.*

**АЛАПЕСТЕЙ** сын. *Алапес тәрізді, алапес сияқты.*

**АЛАПЕСТЕН**= ет. *Терінің әр жерінен теңбіл-теңбіл болып ағара бастауы, ағарып кетуі.*

**АЛАПЕСТЕНУ** *Алапестен етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАР**= ет. **1**. *Көздің шарасынан шыға алаюы, ағының үлкеюі.* **2**. *Ұнатпай, ақтырмай, жаратпай қарау.*

**АЛАРМА** зат. *Жаңа босанған әйелде, әсіресе ауыр босанған кезінде болатын ауру.*

**АЛАРМАН** зат. **1**. *Алушы, сатып алушы адам.* **2**. ауыс. *Алғыш, алуды ғана ойлайтын, тойымсыз адам.*

**АЛАРМАНДА** үст. *Алуға келгенде, аларда, алатын кезде.*

**АЛАРТ**= ет. *Көзін бақырайту, бадырайту, үлкейту.*

**АЛАРТУ** *Аларт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жақтырмау, ұнатпау.* **2.** *Сес көрсету, күшпен тартып алғысы келу.*

**АЛАРТУШЫ: көз алартушы**. *Иемденгісі келіп қызығушы, дәметуші.*

**АЛАРУ** *Алар етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАРЫҢҚЫ** сын. *Ақшыл, бозғыл.*

**АЛАС** зат. этн. көне. **1.** *Отқа табынумен байланысты шыққан от деген ұғымның атауы.* **2.** *Отпен түрлі зиянды күштерді аластау, қууда айтылатын сөз.*

**Алас болды**. *Жойылды, жоғалды, тып-типыл, жым-жылас болды.*

**АЛАСА**[1] сын. **1**. *Биік емес, жатаған.* **2**. *Бойы ұзын емес, қысқа, тапал, кішкене.*

**Аласа бадам**. бот. <лат. amygdalus nana> *Бадам ағашының аласа бойлы түрі.* **Аласа жүзген.** өс. <лат. calligonum pseudohumile> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**АЛАСА**[2] зат. сөйл. ***Алаша.***

**АЛАСА**[3] зат. жерг. ***Аласы.***

**АЛАСАБЫР** сын. **1**. *Қар еріп, жер лайсаң болып жатқан шақ.* **2**. ауыс. *Абыр-сабыр, опыр-топыр, ығы-жығы.*

**АЛАСАЛЫҚ** зат. *Қысқалық, тапалдық.*

**АЛАСАПАҚ** зат. *Қар бір жауып, бір еріп жатқан аласапыран кез.*

**АЛАСАПЫРАН** зат. **1**. *Қар еріп, жер лайсаң болып жатқан көктемгі уақыт немесе қар бірде жауып, бірде еритін күз мезгілі.* **2**. *Қарбалас, дүрбелең, астан-кестен.* **3**. ауыс. *Әбігер, әуре-сарсаң, сергелдең.*

**Аласапыранға ұшырады.** *Әуре-сарсаңғы түсті, әбігерленді.* **Аласапыран заман [кезең]**. *Қиын-қыстау кез, дүрбелең, жаугершілік.*

**АЛАСАПЫРАНДЫ** сын. *Қиыншылықты, аумалы-төкпелі, дүрбелеңді.*

**АЛАСАПЫРАНДЫҚ** зат. *Әбігершілік, қарбаластық.*

**АЛАСАПЫРАНШЫЛ** сын. *Қарбаласшыл, дүрбелеңшіл.*

**АЛАСАР**= ет. **1.** *Төмендеу, шөгу, жатағандану, тапалдану.* **2**. *Қысқару, кішірею.* **3**. ауыс. *Кеудесі басылу, көңілі қайту.*

**АЛАСАРА-АЛАСАРА** үст. *Кішірейте-кішірейте, жатағандана.*

**АЛАСАРТ**= ет. **1**. *Кішірейту, аласа ету, қысқарту.* **2**. ауыс. *Кеудесін басу, көңілін қайтару.*

**АЛАСАРТУ** *Аласарт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСАРУ** *Аласар етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСАТ** зат. жерг. *Ойран, бүлік, аласапыран.*

**Аласат салды**. *Бүлдірді, бірін-біріне араластырды, сапырылыстырды.*

**АЛАСАУЫСҚАН** зат. зоол. *Сауысқан түрі.*

**АЛАСӘУЛЕ** сын. *Жарығы әлсіз, күңгірт.* // *Алакөлеңке кез, елең-алаң.*

**АЛАСӘУЛЕЛЕН**= ет. *Алакөлеңкелену, күңгірт тарту.*

**АЛАСӘУЛЕЛЕНУ** *Аласәулелен етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАС-КҮЛЕС** үст. жерг. ***Алас-қапас.***

**АЛАС-ҚАПАС** зат. *Дүрбелең, қарбалас, сергелдең.*

**АЛАСОТ** сын. *Алауыз, дүрдараз.*

**АЛАСТА**= ет. **1**. көне. *Ескі наным бойынша көзге көрінбейтін зиянды күштерді қуудың ырымын жасау; ауруды отпен ұшықтап емдеу.* **2**. *Жағымсыз ісі, қылығы, күнәсі, қылмысы үшін қуу, алыс әкету, тайдыру, кетіру.* **3**. терм. <франц. desinfection> *Залалсыздандыру.*

**АЛАСТАЛ**= ет. *Қуылу, кетірілу, алыстатылу.*

**АЛАСТАЛУ** *Аластал етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСТАТ**= ет. *Қудырту, кетірту, алыстату.*

**АЛАСТАТУ** *Аластат етістінің қимыл атауы.*

**АЛАСТАТЫЛ**= ет. *Қудырылу, кетірілу, алыстатылу.*

**АЛАСТАТЫЛУ** *Аластатыл етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСТАУ**[1] зат. миф. *Халықтың наным бойынша отпен жаман күштерді қуатын ырым.*

**АЛАСТАУ**[2] *Аласта етістігінің қимыл атауы; ауруды ұшықтап емдеу.*

**АЛАСУАН** сын ескікіт. *Жарымес, қаңғыбас, кембағал.*

**АЛАСҰР**= ет. **1**. *Тыпыршып қолды-аяққа тұрмау; бой бермеу; байыз таппау.* **2**. *Жанталасу, жаны қиналу, арпалысу.* **3**. *Жанын салу, тыныштық көрмеу, тыным таппау.* **4**. ауыс. *Желдің, боранның, дауылдың тұруы, қатты соғуы; теңіздің буырқануы, күннің күйдіруі.*

**АЛАСҰРТ**= ет. *Құтырту, арпалыстыру, қолды-аяққа тұрғызбау.*

**АЛАСҰРТУ** *Аласұрт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСҰРУ** *Аласұр етістігінің қимыл атауы; жанталасу, жаны қиналу.*

**АЛАСҰРЫС** зат. *Жанталас, арпалыс, мазасыздық, байыз таппаушылық.*

**АЛАСЫ** зат. **1**. *Алуға тиісті, алашақ, алынатын зат, үлес.* **2**. *Аларман, алушы (адам).*

**АЛАСЫ-БЕРЕСІ** зат. *Алатын да, беретін де.*

**АЛАСЫЗ** сын. **1**. *Аласы аз, қарашығы үлкен (көз).* **2**. *Ала-құла емес, тегіс, бірдей, бір түсті.* **3**. *Бөтен ойсыз, бүкпесіз, қалтқысыз.*

**АЛАСЫН**= ет. *Бөлектеу, алалау, бөлу.*

**АЛАСЫНУ** *Аласын етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАСЫР**= ет. сөйл. ***Аласар.***

**АЛАСЫРУ** *Аласыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАТАҒАНАҚ** сын. *Алабажақ, бір тегіс емес, сор мен тақыры аралас жер.*

**АЛАТАЙ** сын. *Бүлдіргі, іріткі салғы (адам).*

**Алатай болды.** *Ел ішін лаңдады, бүлік салды.*

**АЛАТАЙДАЙ** сын. *Бүлдіргі сияқты.*

**Алатайдай бүлдірді.** *Лаң, бүлік салды, атыстырып-шабыстырды.* **Алатайдай бүлінді.** *Астан-кестені шықты.*

**АЛАТАҢ** сын. *Қыстан күйлі шыққан жылқы.*

**АЛАТАУ: Алатау қайыңы.** *Тек Алатауда ғана өсетін қайың түрі.*

**АЛАТЕГЕНЕК** сын. *Қары толық еріп үлгірмей жатқан ала-құла, алашабыр.*

**АЛАТОПАЛАҢ** үст. **1**. *Опыр-топыр, астан-кестен, қым-қиғаш, қым-қуыт.* **2**. ауыс. *Күшті, екпінді, ұйытқи соққан, алай-түлей.*

**АЛАТОПАЛАҢДАН=** ет. **1.** *Астан-кестені шығу, қым-қуыт болып кету.* **2.** *Ұйытқу, алай-түлей болу.*

**АЛАТОПАЛАҢДАНУ** *Алатопалаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАТОПАЛАҢДАТ=** ет. **1.** *Қым-қуыт, астан-кестен ету.* **2.** *Алай-түлейлету, ұйытқыту.*

**АЛАТОПАЛАҢДАТУ** *Алатопалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАТҰЯҚ** зат. *Қу, алаяқ, ұры, арамза.*

**АЛАУ** [ир. الو] зат. **1**. *Лаулап жанған от, жалын.* **2**. *Күннің қызыл арай шапағы.* **3**. *Қызыл түс, арай.* **4**. ауыс. *Күйініш, уайым.*

**АЛАУДАЙ** сын. *Алау сияқты, алау тәрізді.*

**АЛАУ-ДАЛАУ** үст. **1**. *Ұйқы-тұйқы, алба-жұлба, алқа-салқа.* **2**. *Астан-кестен, алай-түлей.*

**АЛАУ-ЖАЛАУ** сын. *Қып-қызыл, өрттей.* // *Қызу, қарқын, күш.*

**АЛАУИТТЕР** зат. саяси. *Мароккодағы билік басындағы әулеттің бірі.*

**АЛАУЛА**[1]= ет. **1**. *Лаулап жану, жалындау, лапылдау.* **2**. *Қызару, өрттей қызыл түске бояулу.* **3**. *Алабұрту, нұрлану.* **4**. *Дененің қызуы көтеріліп, күйіп-жануы.*

**АЛАУЛА**[2]= ет. көне. ***Соғысу.***

**АЛАУЛАН**= ет. **1.** *Қызару, қып-қызыл болу.* **2**. *Күннің қызарып, қызыл шапақтануы.* **3**. ауыс. *Күйіп-пісу.*

**АЛАУЛАНУ** *Алаулан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАУЛАТ**= ет. **1**. *Қатты жағу, жалындату, жандыру.* **2**. *Қызарту, арайландыру, күйдірту.*

**АЛАУЛАТУ** *Алаулат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАУЛЫ** сын. **1**. *Арайлы, қызыл шапақты.* **2**. ауыс. *Жалынды, жігерлі, қызулы.*

**Алаулы оттық**. кен. *Газ тәріздес сұйық және қатты отын жағуға арналған камералы оттық.*

**АЛАУЛЫҚ** зат. ***Алау.***

**АЛАУОТТЫҚ** зат. тех. *Сұйық және қатты отын жағуға арналған оттық, құрылғы.*

**АЛАУРА**= ет. **1**. *Қызару, арайлану.* **2**. *Алабұрту, өрекпу, елегізу.*

**АЛАУРАТ**= ет. **1**. *Таң атар шақтағы, күнбатар кездегі күннің қызарып сәуле шашуы.* **2**. *Адам бетінің албырап, алабұртып қызаруы.*

**АЛАУРАТУ** *Алаурат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАУРАУ** *Алаура етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАУША** үст. *Алау секілді, алауға ұқсап.*

**АЛАУЫЗ** сын. *Ауызбірлігі, ынтымақ-берекесі жоқ, араз.*

**АЛАУЫЗДЫҚ** зат. *Ынтымақтың жоқтығы, келіспеушілік, әркімнің әр жаққа тартуы, араздық.*

**Алауыздық жасады [көрсетті]**. *Араздасты, жауласты.* **Алауыздық отын жақты**. *Араздастырды, шағыстырды.* **Алауыздық тудырды [туғызды]**. *Іріткі салды, араздастырды.*

**АЛАУЫЗДЫҚ-ҚҰЛАУЫЗДЫҚ** зат. сөйл. *Алауыз-кілауыз, өсек-аяң.*

**АЛАУЫЗ-КІЛАУЫЗ** зат. сөйл. *Өсек-аяң, ғайбат сөз.*

**АЛАУЫТ**= ет. **1**. *Алыстан мұнартып көріну.* **2**. *Таңның енді-енді білінуі, бозамықтануы.*

**АЛАУЫТУ** *Алауыт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАШ**[1] зат. **1**. тар. *Ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты.* **2**. *Қазақ, қазақ ұлты.* **3**. *Қалың ел, жалпақ жұрт, халық.* **4**. қоғ.-саяси. *Қазақтың ұлтжанды оқығандарына, зиялыларына, қайраткерлеріне Кеңес өкіметі жылдарындағы жамалған жағымсыз атау.*

**Алаш билігі**. *Ұлт билігі, басшылығы.* **Алаш елі**. *Қазақ жұрты, барша қазақ қауымы.* **Алаш көсемдері**. *Алашорда басшылары.* **Алашқа [алты алашқа] аян**. *Бүкіл қазаққа әйгілі, белгілі.* **Алаш қозғалысы**. тар. қоғ.-саяси. *20 ғ.алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс.* **Алаш мыңы**. тар. *XV-XVI ғғ. қазақ халқының атауы, этноним.* **Алаш партиясы**. тар. қоғ.-саяси. *Қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы.* **Алаш туы астында**. *Бір жерде, туған елде бір мақсатты ұстағанда.* **Алаштың азаматы**. *Ел азаматы, азамат, ер жігіт.* **Алаштың ардагері**. *Аты алашқа танылған дара тұлға, қаһарман.* **Алаштың [алты алаштың] баласы**. *Қазақ, қазақ елі, ұлт азаматы.* **Алаштың ордасы**. ***Алашорда***. **Алаш ұлы**. *Алаштың азаматы, халықтың ер-азаматы.*

**АЛАШ**[2] зат. көне. *Қазақ руларының ерте замандағы ұраны.*

**АЛАШ**[3] зат. көне. *Жат, бөтен, дұшпан.*

**АЛАША**[1] [ир. الاچق] зат. қолөнер. *Әр түске боялған жіптерден арасына арқау салып түрлі-түсті жіптерді жарыстыра отырып жолақтап немесе теру арқылы көп мәнерлі өрнекпен тоқылатын тақыр кілем, төсеніш.*

**Алаша кілем**. *Алаша тәрізді тоқылатын тақыр кілемнің бір түрі.* **Алаша қоржын**. *Алашадан жасалған қоржын.*

**АЛАША**[2] зат. жерг. *Асыл тұқымды түйе мен жабы түйе арасынан шыққан будан.*

**АЛАША**[3]**: алаша ат**. көне. *Аласа бойлы жылқының бір тұқымы, көбіне жаудың батыры, балуаны мінетін аттың атауы; соғысқа мінетін ат.*

**АЛАШАБЫР** сын. **1**. *Бірнеше түс араласқан, ала-құла.* **2**. ауыс. *Әркелкі, әрқилы.* **3**. ауыс. *Жүйесіз, түсініксіз.*

**Алашабыр бұлт**. *Сирек, шарбы бұлт.*

**АЛАШАБЫРЛАН**= ет. **1**. *Бұлттың сөгілуі, ыдырай бастауы.* **2**. *Айналаның көмескі тартуы, күңгірттенуі, анық көрінбеуі.*

**АЛАШАБЫРЛАНУ** *Алашабырлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАШАБЫРЛЫ** сын. *Тегіс емес, ала-құла, әркелкі.*

**АЛАШАДАЙ** сын. *Алаша сияқты үлкен, жалпақ.*

**АЛАШАҚ** зат. *Аласы, алатын зат, нәрсе.*

**АЛАШАЛЫ** сын. *Алашасы көп, мол, алашасы бар.*

**АЛАШАПҚЫН** зат. *Аласапыран, дүрбелең, қарбалас. // Беймаза, тыныымсыздық.*

**Алашапқын болды**. *Босқа арам тер болды, әуреленді, қарбаласты.*

**АЛАШАПҚЫНДАП** үст. *Қарбаласып, сүрініп-жығылып.*

**АЛАШАРБЫ** сын. *Тұтас емес, бір түсы селдір, кейбір жері қою (бұлт).*

**АЛАШАРБЫТТАН**= ет. *Ашуланғанда көз алашығының қанталап қызаруы.*

**АЛАШАРБЫТТАНУ** *Алашарбыттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛАША-ТЕКЕМЕТ** зат. *Алаша, киіз т.б.төсеніш жабдықтардың жиынтық атауы.*

**АЛАШБЕГІ** зат. тар. *Байырғы қазақ қоғамындағы ел билеушінің титулы, ұлысбегі.*

**АЛАШОРДА** зат. тар. *Алаш автономиясының үкіметі; алаш автономиясы деп аталған мемлекеттілік құрамына енген алаш облыстарын бүлiншiлiктен қорғау мақсатында ұлтжанды азаматтардың ұйымдастыруымен құрылған Уақытша Ұлттық Кеңес атауы.*

**Алашорда гербі**. тар. *Алашорданың мемлекеттілігін білдіруге тиісті рәміздерінің бірі – елтаңба.* **Алашорда мемлекеттілігі**. тар. *Алашорданың тәуелсіздігі, өкіметтілігі, жеке мемлекет болуы.* **Алашорда советтері**. тар. *Алашорда үкіметінің жергілікті жерде билік атқарған органы.* **Алашорда үкіметі**. тар. *Алашорданың басқару органы, жоғарғы билік.* **Алашорда үні**. *Алаш қозғалысының газеті.*

**АЛАШОРДАШЫ** зат. тар. *Алашорда үкіметін жақтаушы, қолдаушы.*

**АЛАШОРДАШЫЛ** сын. саяси. *Алашорданың саясатын қолдаушы, жақтаушы.*

**АЛАШТА**= ет. *Алаш деп ұран шақыру, ұран салу, ұлықтау.*

**АЛАШТАНУ** зат. тар. *Алаш партиясы, Алаш автономиясы т.б. Алашорда үкіметі, Алаш қозғалысы сияқты мәселелерді зерттеуге арналған отандық тарихтың бір саласы.*

**АЛАШШЫ** зат. *Алаш автономиясын жақтаушы.*

**АЛАШШЫЛ** сын. *Алашордашыл, ұлтшыл, ұлтжанды.*

**АЛАШЫБЫН** зат. жерг. *Қойды шағатын шыбынның түрі.*

**АЛАШЫҚ**[1] зат. *Көздің аласы.*

**АЛАШЫҚ**[2] зат. жерг. *Көшкенде алып жүруге ыңғайлы, жеңіл киіз үй.*

**АЛАЯҚ** сын. **1**. *Алдамшы, суайт.* **2**. *Қу, сұм, залым, зымиян.* **3**. *Пысық, айлакер, жылпос.*

**АЛАЯҚТЫҚ** зат. *Айлакерлік, залымдық.*

**АЛӘЙҺИССАЛАМ** од. діни. *Оны Алла жарылқасын деген мағынадағы ислам әдебі бойынша пайғамбардың атына жалғаса айтылатын сөз.*

**АЛБА-ЖҰЛБА** сын. *Үсті-басы дал-дұл, жұлым-жұлым, жыртық, пәре-пәре, өрім-өрім.*

**АЛБАН**[1] зат. көне. <лат. contributio> *Жаулап алған елден жиналатын алым, салық.*

**АЛБАН**[2] зат. *Албанияның негізгі халқы, ұлты; осы халықтың өкілі.*

**АЛБАР**[1] зат. **1**. *Үйге, жабық қораға жалғаса салынатын мал қора.* **2**. *Үйдің кіреберісі, сенегі.*

**АЛБАР**[2] зат. *Ат байлайтын керме.*

**АЛБАРЛЫ**[1] сын. *Албары бар.*

**АЛБАРЛЫ**[2] сын. *Қарбалас, қиын.*

**Албарлы болды**. а) *Шаршады, болдырды.* ә) *Әбігер болды, алаң болды.*

**АЛБАРЫНДЫ: албарынды болды**. а) жерг. *Әбігер болды, әуре болды, қарбаласты.* ә) *Малдың ауруға бой алдыруы, шаршап болдыруы.*

**Албарындыға түсті**. жерг. *Әурееге түсті, сандалды.*

**АЛБАСТЫ** зат. **1**. миф. *Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кездесетін мифтік бейне, ескі наным бойынша әйел бейнесіндегі жын, пері, марту секілді қара ниетті, қас күштің иесі.* **2**. *Кісі тектес, бүкіл денесін түк басқан мақұлық (гемоноид).* **3**. ауыс. *Мысы, күші, жыны басып, арқасы ұстайтын, арбап алатын қасиет.* **4**. ауыс. *Бір нәрсені үрейлендіріп, қорқытып өзіне бағындырып алған адам.* **5**. ауыс. *Сүйкімсіз, сұмпайы, жексұрын, оңбаған адам.* **6**. ауыс. *Зұлымдық, жауыздықтың көзі.*

**Албасты басқандай**. *Дел-сал болып, дегбірі қашып, өз еркінен айырылғандай.* **Албасты [қара албасты] басқыр [бассын]**. қарғ. *Қара басқыр, қырсық шалғыр деген мағынада.* **Албасты басты**. *Мифтік түсінік бойынша шайтан, жын, пері адамға қонып, қинады.* **Албастысын арттырды**. *Мысы басты.* **Албастысы ұстады**. *Жыны келді, ашу қысты, аяқ астынан ашуланды.*

**АЛБАСТЫДАЙ** сын. *Албасты сияқты, албасты тәрізді.*

**АЛБАТУ** зат. көне. ***Салық.***

**АЛБАТЫ** үст. жерг. **1**. *Бет алды, қалай болса солай, бей-берекет, кездейсоқ, әйтеуір бір.* **2**. *Текке, босқа, құр, бекерге.* **3**. *Кез келген, қайқайдағы. // Бөтен, бөгде, жат.*

**Албаты лақты**. жерг. *Бет алды, қалай болса, солай кетті.*

**АЛБАУ** зат. көне. ***Алданыш.***

**АЛБУМОЗДАР** зат. биол. *Белок ыдырауының алғашқы сатысында пайда болатын органикалық қосындылар.*

**АЛБЫРА**= ет. **1**. *Беттің, еріннің дене ыстығы көтерілуінен, толқудан, күннің ыстықсуығынан қызаруы, дуылдауы.* **2**. *Жемістің әбден езіліп пісуі.* **3**. *Жайқалу, жайнау, құлпыру.* **4**. ауыс. *Көңілдену, жайдарылану, көңіл толу, масайрау.*

**АЛБЫРАТ**= ет. *Қызарту, бал-бұл жандыру.*

**АЛБЫРАТУ** *Албырат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛБЫРТ**= ет. **1**. *Албырау, қызару, дуылдау.* **2**. ауыс. *Көңілдің әр нәрсеге кетуі, елегізу.*

**АЛБЫРТУ** *Албырт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛБЫРТ**[1] зат. зоол. <лат. salmonidae> *Нағыз сүйекті балықтар тобына жататын албырттар отрядының бір тұқымдасы.*

**АЛБЫРТ**[2] сын. **1**. *Беті қайтпаған, тауы шағылмаған, екпіні басылмаған.* **2**. *Жанып тұрған, дер шағы, нағыз күшіндегі.* **3**. *Алып ұшқан, еліктегіш, еліккіш (жас).* **4**. *Жалындаған, балауса, балғын.*

**Албырт жас.** а) *Қызуы, желігі басылмаған, еліккіш, аңғал, балаң жас (адам).* ә) *Жастық шақ, жас кез.* **Албырт жастық.** *Жас кез, аңғал жастық шақ.* **Албырт көңіл.** *Аңғал, қызба көңіл.* **Албырт мінез.** *Алып-ұшқан, жалындаған қызба көңіл, өжет мінез.* **Албырт сезім.** *Жас, пәк сезім.* **Албырт тартты.** *Реңденіп, бетіне қан жүгірді.* **Албырт шақ.** *Балаң шақ, жас кез.*

**АЛБЫРТТАН**= ет. *Қызулану, лепіру, көңілдену.*

**АЛБЫРТТАНУ** *Албырттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛБЫРТТЫҚ** зат. **1**. *Жастыққа тән қызбалық, алды-артын ойлатпайтын ұрынғыштық, әсерленгіштік.* **2.** *Жастық, балалық шақ.* **3**. *Ағат іс, қателік.*

**АЛБЫТ**[1] зат. жерг. ***Делбе***.

**АЛБЫТ**[2] сын. жерг. **1**. *Аңғырт, есер, кеудемсоқ.* **2**. *Албырт, пысық.*

**Албыт ауыз**. *Бейпіл, өрескел сөйлейтін (адам).* **Албыт сөз.** *Дөрекі, ойланбай айтылған сөз.*

**АЛБЫТ**=ет. *Есерлену, аузына келгенді айту, есіру, лепіру.*

**АЛБЫТСЫН**= ет. *Аңғырттану, есерсу, еліру.*

**АЛБЫТСЫНУ** *Албытсын етістігінің қимыл атауы.*

**АЛБЫТТАН**= ет. *Аңғырттану, есерлену.*

**АЛБЫТТАНУ** *Албыттан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛБЫТУ** *Албыт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛГЕБРА** [ар. الجبر] зат. мат. *Математиканың теңдеу есептерді шешуге байланысты дамыған негізгі бөлімдерінің бірі.*

**АЛГЕБРАИСТ** зат. ***Алгебрашы***.

**АЛГЕБРАЛЫҚ** зат. *Алгебраға тән, алгебраға қатысты.*

**Алгебралық амал**. *Алгебра есептерін шешу өрнегі, заңы.* **Алгебралық әдіс**. *Алгебра есептерін шешу тәсілдерінің жиынтығы, арнасы.* **Алгебралық бөлшек.** *Алымы да, бөлімі де көп мүшелік болып келген бөлшек.* **Алгебралық геометрия**. *Математиканың алгебралық қисықтарды (беттерді) және олардың көп өлшемді жалпылаамалары – алгебралық көп бейнеліліктерді зерттейтін бөлімі.* **Алгебралық өрнек**. мат. *Саны шекті әріптермен сандар жиынтығы, оларды бір-бірімен қосу, азайту, көбейту, бөлу, бүтін сандарға дәрежелеу.* **Алгебралық сан**. *Алгебра саны.* **Алгебралық символика**. *Алгебраға тән рәміздеу жиынтығы.*

**АЛГЕБРАШЫ** зат. *Алгебраны зерттеумен шұғылданатын адам (ғалым), алгебра пәнінің мұғалімі.*

**АЛГОЛ** [ағыл. algol (algorithmic language)] зат. инф. *Электр есептеуіш мәшине үшін ғылыми техникалық мәселелерді шешу кезінде қолданылатын бірқатар бағдарламалау тілінің аты.*

**АЛГОНКИН** зат. *Солтүстік Америкада тұратын үндіс тайпаларының тобы (оджибве, могикан, делавр, кри, монтанье, наскапи, чейен т.б.).*

**АЛГОРИТМ** [лат. algorithmus] зат. мат. *Орта Азия математигі әл-Хорезмидің арабша есімінің латынша берілуінен шыққан есептерді шешу тәсілдерінің дәл сипаттамасы.*

**АЛГОРИТМДЕУ** зат. инф. *Алгоритмге салу, бір қимылды бірнеше операцияларға, қадамдарға жіктеу үдерісі.*

**АЛГОРИТМДІК** сын. *Алгоритмге тән, алгортимге қатысты.*

**Алгоритмдік жүйелер**. *Есептерді шешудің реттелген, бір ізге түсірілген тәсілдерінің жиыны.* **Алгоритмдік тіл**. *Электр есептеуіш мәшинемен шығарылатын есептердің алгоритмін бір мәнді түрде жазуға арналған жасанды тіл.*

**АЛҒА**= ет. жерг. *Алғыстау, құптау.*

**АЛҒА** үст. *Ілгері, алдыңғы жаққа.*

**Алға апарушы**. *Дамытушы, өркендетуші.* **Алға асты**. *Озды, ілгеріледі, өсті, дамыды, алдыға шықты.* **Алға басқан аяғы кейін [кері] кетті.** а) *Әбден қалжырады, шаршағаннан жүрісі баяулады.* ә) *Жолы болмады, қолға алған істің сәті түспеді.* **Алға бастады**. *Итермеледі, жол бастады, болашаққа жетеледі.* **Алға басты**. а) *Ілгері жүрді.* ә) *Дамыды, өркендеді, өсті.* **Алға жайды**. *Барын көрсетті, сыртқа шығарды.* **Алға жайылды**. *Алдына төселді.* **Алға көз жіберді**. *Болашақты болжады, алдағысын бажайлады.* **Алға көз салды**. *Алдына қарады, ілгері қарады.* **Алға қарады**. *Болашақтан үміт етті, үмітін үзбеді.* **Алға қойды**. *Көздеді, діттеді, нысана етті, міндет етті.* **Алға сап.** *Алдын ала, асығыс, дайындықсыз; бағамдамай.* **Алға сүйреді.** *Талпындырды, ұмтылдырды.* **Алға тартты**. а) *Ілгері жүрді, тез жүрді, ілгері басты.* ә) *Үлгі етті.* б) *Міндетсінді, бұлдады.* **Алға ұмтылды**. а) *Ілгері жүрді.* ә) *Болашақтан үміттенді, ілгеріледі.* **Алға ұстады**. *Мақсат етті, мақсат тұтты.*

**АЛҒАЙ** од. фольк. көне. *Толғау, жырларда кездесетін, әлқиссасында айтылатын қайталама сөз.*

**АЛҒАЙ-ШАЛҒАЙ** сын. *Қыргиқабақ, дүрдараз, араз.*

**АЛҒАЛА**= ет. *Алға деп ұран салу.*

**АЛҒАЛАУ** *Алғала етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҒАН** зат. сөйл. *Некелеп алған жұбайы, зайыбы, қосағы, әйелі.*

**АЛҒАУ**[1] зат. көне. **1**. *Аяқ артып жүрген ат.* **2**. *Медеу, қуат, тірек.*

**АЛҒАУ**[2] зат. *Қорек, тойым, құнарлылық.*

**Алғау етті.** *Талғажау етті, қорек етті.*

**АЛҒАУ**[3] зат. *Құлық қалтқы айтылмай іште қалған бүкпе сөз.*

**АЛҒАУ**[4] зат. *Аурудың түрі.*

**АЛҒАУ**[5] сын. жерг. *Ащы, кермек.*

**АЛҒАУЛЫ** сын. жерг. *Дәмі нашар, кермек.*

**АЛҒАУСЫЗ** сын. *Қалтқысыз, құлықсыз, бүкпесіз, ашық.*

**АЛҒАУ-ТАЛҒАУ** үст. жерг. *Дел-сал, бейжай, ықылассыз.*

**АЛҒАШ** үст. *Тұңғыш, алғашқы рет, бірінші рет.*

**Алғаш бауын ашты.** *Ауыздықтанды.* **Алғаш рет.** *Бірінші рет, тұңғыш.*

**АЛҒАШҚЫ** сын. *Бастапқы, әуелгі, бірінші реттегі, бірінші кезектегі.*

**Алғашқы адым**. *Тұңғыш қадам, әуелгі іс, бастама.* **Алғашқы ауыздылар**. биол. <лат. protostomia> *Көпжасушалы қос жақтауы симметриялы жәндіктер тобы.* **Алғашқы бетте**. *Бастапқыда, әуелгі кезде.* **Алғашқы жануарлар**. <лат. prototheria> *Қазіргі сүтқоректілердің ең қарапайым және алғашқы класы.* **Алғашқы көмек**. мед. *Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар.* **Алғашқы қанатсыз жәндіктер**. биол. <лат. apterygota> *Өте ұсақ, төменгі сатыдағы жәндіктердің бір тобы.* **Алғашқы қарлығаш.** а) *Ғылымның, оның белгілі бір саласының тұңғыш негізін салушы.* ә) *Белгілі бір жүйенің, қоғамдық құбылыстың тұңғыш рет негізінің қалануы, жаңалық ретінде көрінуі.* **Алғашқы қауым.** тар. *Адамзат тарихындағы алғашқы қоғамдық-экономикалық бірлестіктердің әлеуметтік ұғымдағы атауы.* **Алғашқы қауымдық коммунизм.** тар. *Алғашқы қауымдастықтың азық-түлік, меншік ортақтығына негізделген қоғамдық құрылысы.* **Алғашқы қауымдық құрылыс.** тар. *Адамзат тарихындағы ең алғаш қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық формация.* **Алғашқы [тұңғыш] қоңырау.** а) *Жаңа оқу жылының басталуына байланысты мектеп босағасын бірінші аттаған шәкірттер үшін берілетін бірінші қоңырау.* ә) *Оқу жылының басында, 1 қыркүйек күні болатын мектептегі салтанатты жиын.* **Алғашқы махаббат.** *Адамның өзін алғаш рет ер немесе әйел болмысын сезінгенде, әйел адамның ер адамға немесе ер адамның әйел затына алғаш рет ынтықтық, сүйіспеншілік қатынасын тудырған әдетте бозбалалық, бойжеткен шақта болатын таза албырт сезім.*

**АЛҒАШҚЫДА** үст. *Бастапқыда, ә дегенде, басында, бас кезінде, бас жағында.*

**АЛҒАШҚЫДАЙ** сын. *Бастапқыдай, бұрынғыдай, алдыңғыдай.*

**АЛҒАШҚЫДАН** үст. *Әу бастан, о бастан, ә дегеннен, бастапқыдан.*

**АЛҒАШҚЫЛЫҚ** зат. ***Біріншілік***.

**АЛҒАШҚЫСЫНДА** үст. сөйл. ***Алғашқыда***.

**АЛҒАШЫНДА** үст. сөйл. ***Алғашқыда***.

**АЛҒИ**[1] зат. *Елсіз, алыс жер, қиын, қатерлі жол.*

**АЛҒИ**[2] зат. өс. <лат. korolkowii> *Тау беткейлерінде өсетін, шикі күйінде улы, ащы, дәмі бар, қызғалдақ туысына жататын өсімдік; алға.*

**АЛҒЫ**[1] зат. жерг. *Пияз сияқты домалақ өсімдік.*

**АЛҒЫ**[2] сын. **1**. *Алдыңғы реттегі, алдыңғы қатардағы, алдыңғы сапындағы, ілгерідегі.* **2**. *Алдағы, келешектегі, болашақтағы.*

**Алғы дақыл [егіс]**. ауылшар. *Алқапқа өткен жылы егілген дақыл.* **Алғы сап.** *Еңбекте, спортта жетістікке жеткен алдыңғы қатарлы адамдар қатары.* **Алғы сөз**. а) *Мәжілістерде, кештерде, алқалы жиындарда алғашқы сөйленетін кіріспе сөз, пікір.* ә) *Белгілі бір шығарманың алдынан жазылған түсініктемелері мен ескертпелері бар кіріспе.* **Алғы шеп**. әск. *Майдандағы алдыңғы бөлімшелер жаумен бетпе-бет орналасқан, соғыс қимылдары жүріп жатқан сызықпен шектес аудан.*

**АЛҒЫ-БЕРГІ** зат. *Шаруашылық, үй шаруасы.*

**АЛҒЫЗ** = ет. **1**. *Әкелдіру, алдыру, жеткіздіру.* **2.** *Бетке шыққан түкті, шашты қырғызу.* **3**. *Ұстату, бастыру, жеңдіру.*

**АЛҒЫЗУ** *Алғыз етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҒЫНШЫ**[1] зат. көне. *Әйел, жар.*

**АЛҒЫНШЫ**[2] зат. көне. ***Алушы***.

**АЛҒЫР**[1] сын. **1**. *Самдағай, ұшқыр.* **2**. *Өжет, пысық, тез қабылдағыш, зерек.*

**Алғыр тіл**. *Сөздің жүйесін тауып сөйлейтін шешен, тапқыр.*

**АЛҒЫР-АЙТҚЫШ** сын. *Өжет, шешен.*

**АЛҒЫРЛЫҚ** зат. *Алғырға тән ерекшелік, қасиет, зеректік.*

**АЛҒЫРЛЫҚ-ЗЕРЕКТІК** зат. *Алғыр, зерек адамға тән қасиет, ерекшелік.*

**АЛҒЫР-САЛҒЫР** сын. жерг. *Алқасалқа, олбыр-солбыр, салақ.*

**АЛҒЫРСЫМАҚ** сын. экспр. кекесін. *Алғыр болып көрінуге тырысқан, алғырсынған.*

**АЛҒЫРТ** сын. *Жас, буыны бекімеген аңғырт.*

**АЛҒЫРТ-САЛҒЫРТ** зат. көне. *Салықтың бір түрі.*

**АЛҒЫС** зат. **1**. *Рақмет, ризашылық.* **2.** *Үздік еңбегі, үлгілі тәртібі, ерлігі үшін айтылатын ресми құрмет түрі.*

**Алғыс айтты**. *Ізгі ниетін білдірді, рақметін жеткізді.* **Алғыс алды**. *Рақметін алды, ризашылығын алды.* **Алғысқа бөленді.** *Алғысқа ие болды.* **Алғысқа бөлену.** *Алғысқа ие болу, алғыс алу.* **Алғыс жариялады.** кіт. *Біреудің ерекше жақсы ісі үшін көп алдында ресми түрде атады, мадақтады, газет бетіне жариялады.* **Алғыс жариялау**. кіт. *Ресми марапаттаудың бір түрі.* **Алғыс жаудырды**. *Көп алғыс айтты, қайта-қайта алғыс айтты.* **Алғысқа бөленді**. *Ризашылыққа, ықыласқа ие болды, рақмет алды.* **Алғыс сөз**. *Ризашылық сөз.* **Алғысын [алғыс сезімдерін] білдірді**. *Ыстық ықыласын, ризашылығын жеткізді.*

**АЛҒЫС-БАТА** зат. *Ризашылық, ықылас, тілектердің жалпы атауы.*

**АЛҒЫСКӨЙ** сын. көне. *Үнемі түзу тілек, игі ниет білдіруші.*

**АЛҒЫСТА**= ет. *Алғыс жаудыру, алғыс айту.*

**АЛҒЫСТАЙ** сын. *Алғыс сияқты, алғыс тәрізді.*

**АЛҒЫСТАУ** *Алғыста етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҒЫСХАТ** зат. *Үкімет тарапынан берілетін ресми құттықтау қағаз.*

**АЛҒЫСЫЗ** сын. *Алуға келмейтін, алынбайтын.*

**АЛҒЫШ** сын. **1**. *Қыран бүркіт, жүйрік тазы бойындағы аңға түскіш қасиет.* **2**. *Алушы, пайда түсіргіш.*

**АЛҒЫШАРТ** зат. *Белгілі бір іс-әрекетті, шараны өткізуге қолайлы сәт, жағдай.*

**АЛДА**[1] зат. сөйл. ***Алла.***

**Алда жарылқасын**. сөйл. *Рақметін, ризалығын білдіру мағынасындағы бата-тілек.*

**АЛДА**[2] од. сөйл. *Көңіл күйді білдіретін одағай, Алла сөзінің нұсқасы.*

**Алда ғана көк шешек-ай [жүгірмек-ай]**. сөйл. қарап. *Жүгермек-ай деген мағынадағы кейіс-ұрыс сөзі.*

**АЛДА**[3] үст. **1**. *Алдыңғы қатарда, алдыңғы жақта, ілгеріде.* **2**. *Алдағы уақытта, болашақта, келешекте.* **3**. *Алдыңда, жаныңда; қарсыңда; алыста емес, жақында.*

**АЛДА**= ет. **1**. *Біреуді айламен, құлықпен отырғызып кету, өтірік айту.* **2**. ауыс. *Алдарқату, көңілін табу, емексіту.*

**Алдап бақты**. *Шамасы жеткенше алдады, алдаусыратты, айламен уақыт оздырды.* **Алдап соқты.** *Отырғызып кетті, сан соқтырды.* **Алдап ұрды**. *Алдандырып отырғызып кетті, қызықтырып, жолдан тайдырды.*

**АЛДАҒЫ** сын. **1**. *Алдыңғы жақтағы, ілгерідегі.* **2**. *Озат, үздік, таңдаулы, алдыңғы қатарлы.* **3**. *Болашақтағы, келешектегі, келер уақыттағы.*

**Алдағы [алғы] күн.** *Болашақ, келешек.*

**АЛДАҒЫШ** сын. *Алдампаз, өтірікші, суайт.*

**АЛДАҒЫШТЫҚ** зат. *Алдампаздық, өтірік айтушылық.*

**АЛДА-ЖАЛДА** үст. *Әлдеқалай, аяқасты, кенет, оқыстан.*

**АЛДА-ЖЫЛДА** үст. сөйл. ***Алда-жалда.***

**АЛДАҚАШАН** үст. сөйл. ***Әлдеқашан.***

**АЛДАҚАШАННАН** үст. сөйл. ***Әлдеқашаннан.***

**АЛ-ДАЛ: ал-дал болды.** жерг. *Дел-сал, әрі-сәрі болды.*

**АЛДАЛА**= ет. сөйл. *Аллалау, Алла-Алла деу.*

**АЛДАМАЛА**= ет. *Алдап-сулау, алдарқату.*

**АЛДАМАЛАУ** *Алдамала етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАМПАЗ** сын. *Өтірікші, суайт, алдағыш.*

**АЛДАМПАЗДЫҚ** зат. *Алдампазға тән қасиет, алдауға икемділік, суайттық.*

**АЛДАМШЫ** зат. *Алдампаз, алдағыш, суайт.*

**Алдамшы дүние**. *Жалған дүние, көз алдаушы, өтпелі өмір.* **Алдамшы көріністер**. психол. <лат. illusio> *Түрлі себептерге байланысты өмір шындығының теріс, жаңсақ қабылдануы.*

**АЛДАМШЫЛЫҚ** зат. *Алдау, жалғаншылық.*

**АЛДАМЫШ**[1] зат. жерг. *Қоспасы бар алтын немесе күміс, көз бояп істелген бұйым, зат.*

**АЛДАМЫШ**[2] сын. *Көзбояушы, жалған, өтірік.*

**АЛДАН**= ет. **1**. *Біреудің әдейі немесе ойнап, әзіл үшін айтқан өтірігіне, жалған сөзіне сеніп қалу, нану.* **2.** *Қызығу, ермек қылу, алданыш ету.* **3**. *Айналып қалу, айналсоқтау, тоқтау, бөгелу, кідіру.*

**АЛДАНҒЫШ** сын. *Сенгіш, тез сенетін, илангыш, нангыш, ашықауыз.*

**АЛДАНДЫР**= ет. **1.** *Бөгелдіру, кешіктіру, алданыш ету.* **2.** *Алдарқату, алданыш еткізу.*

**АЛДАНДЫРҒЫШ** зат. *Алдаусыратушы, емексітуші, нандырушы.*

**АЛДАНДЫРУ** *Алдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАНДЫРУШЫ** зат. *Алдандыратын адам, алдаусыратушы, емексітуші.*

**АЛДАНТ**= ет. *Алдаусырату, айналдыру, емексіту.*

**АЛДАНТУ** *Алдант етістігінің қимыл атауы; илану, сену.*

**АЛДАНУ** зат. *Иллюзия, елес.*

**АЛДАНУ** *Алдан етістігінің қимыл атауы; илану, сену.*

**АЛДАНУШЫ** зат. *Алданып қалушы, иланушы, нанушы, сеніп қалушы.*

**АЛДАНЫС** зат. *Өзін-өзі жұбатушылық, үміттенушілік, алдаусыратушылық.*

**АЛДАНЫШ** зат. **1**. *Дәтке қуат, медет, көңілге жұбаныш.* **2.** *Машық, ермек, үйреншікті іс.*

**АЛДАНЫШСЫЗ** сын. *Уақыт өткізетін ермегі, машықты ісі жоқ; көңіл аулайтыны жоқ.*

**АЛДАП-АРБА**= ет. экспр. *Алдап-сулап, айламен, құлықпен қолға түсіру, дегеніне көндіру.*

**АЛДАП-АРБАУ** *Алдап-арба етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАП-СУЛА**= ет. экспр. *Дегенін істету, бөйтіп-бүйтіп ойындағысын іске асыру, айламен, құлықпен ойын жүзеге асыру.*

**АЛДАП-СУЛАУ** *Алдап-сула етістігінің қимыл атауы; илану, сену.*

**АЛДАРҚАТ**= ет. *Алдаусырату, жұбату, әдейі көңілін аулау үшін өтірікке бару, алдап сулау.*

**АЛДАРҚАТУ** *Алдарқат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАРҚАУ** *Алдарқа етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАС**= ет. *Бірге, өзара келісіп алып алдау.*

**АЛДАСПАН**[1] зат. көне. <поляк. palasz<венг. pallos> *Имек қылыш, жекпе-жек шайқаста қолданылатын қару. // Өткір, жалынды.*

**Алдаспан ауыр қылыш.** көне. *Шапқанда жауын бірден мертіктіру үшін басын жалпақ жалманды қылып ауырлатып жасаған қынапсыз байланатын кесу қарудың түрі.*

**АЛДАСПАН**[2] зат. көне. қолөнер. *Өрмек тоқуда пайдаланылатын құрал.*

**АЛДАСПАНДАЙ** сын. *Алдаспан сияқты, алдаспан сынды, алдаспан тәрізді.*

**АЛДАСТЫР**= ет. *Алдап соғу, ретін тауып алдау.*

**АЛДАСТЫРУ** *Алдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАСУ** *Алдас етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАТ**= ет. *Біреуге алдатқызу.*

**АЛДАТҚЫЗ**= ет. *Біреу арқылы алдату.*

**АЛДАТҚЫЗУ** *Алдатқыз етістігінің қимылатауы.*

**АЛДАТҚЫШ** зат. *Алданып қалғыш, алдауға тез түскіш, біреуге тез сенгіш адам.*

**АЛДАТУ** *Алдат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАУ** *Алда етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Өтірік айтып, біреуді айламен, құлықпен отырғызып кету.* **2**. *Алдарқату, ойын басқа жаққа аудару.*

**АЛДАУ-АРБАУ** зат. *Түрлі құлық-сұмдық, айла-тәсіл.*

**АЛДАУРАТ**= ет. сөйл. ***Алдаусырат.***

**АЛДАУРАТУ** *Алдаурат етістігінің қимылатауы.*

**АЛДАУСЫЗ** сын. *Жалған емес, қоспасы жоқ, амал-айласыз, өтіріксіз.*

**АЛДАУСЫРАТ**= ет. **1.** *Алдаңқырай түсу, алдауды тоқтатпау.* **2.** *Алданыш ету, місе тұту.* **3.** *Алдарқату, көңілін басқа жаққа аудару.*

**АЛДАУСЫРАТУ** *Алдаусырат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДАУШЫ** зат. *Өтірікші, суайт, айлакер, айламен отырғызып кетуші.*

**АЛДАУШЫЛЫҚ** зат. *Алдауға тән әрекет.*

**АЛДАУЫШ** зат. сөйл. ***Алдаушы.***

**АЛДИЯР** зат. көне. **1**. *Мәртебесі жоғары билік иелеріне (хан, сұлтан т.б.) айтылатын ұлықтау сөз.* **2**. *«Тақсыр», «құлдық», – деп бас иіп, жалыну, жалбарыну мағынасында айтылатын сөз.*

**Алдияр бас**. *Әмірге құлдық, құп тақсыр деген мағынада айтылатын сөз.*

**АЛДИЯРЛА**= ет. *Бас ию, құлдық ұру, алдияр деп мойынсұну.*

**АЛДИЯРЛАУ** *Алдиярла етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДЫ** зат. **1**. *Адамның бетін тура ұстап қараған жағы, тұп-тура қарсысы.* **2.** *Адамның екі тізесі мен кеуде жақ аралығы.* **3**. *Белгілі бір нәрсенің (жердің) қарсы жағы.* **4.** *Басы, ең алғашқысы, бастамасы.* **5**. *Жас шамасына қарай ең үлкен, жасы артығы.* **6**. ауыс. *Ең үздігі, таңдаулысы, бетке ұстары, жақсысы.* **7**. ауыс. *Болашақ, келешек, беталыс.*

**Алды ауыр**. *Зәрлі, сұсты, мінезі ауыр.* **Алды аяңдап, арты желді.** а) *Жылқы жылдам жүрді, сар желді.* ә) *Адамдар топ болып жүрді.* **Алды бар, арты жоқ**. *Жаманшылығы жоқ, зілсіз, кексіз, ашуы тез қайтатын (мінез).* **Алды кең**. *Жайдары, жарқын, мейірімді, қайырымды, алдына келгенге қайырымы мол деген мағынада.* **Алдын ала төленетін дивиденд.** экон. *Есепті кезеңнің нәтижелері бойынша баланстың жасалып, қабылдануынан бұрын төленетін ақшалай қаражаттың бір бөлігі.* **Алдына алған еркесі**. поэт. *Алданышы, жұбанышы, ермегі, қуанышы.* **Алдына барды**. *Біреуге іспен, өтінішпен барды, біреуге ісі түсті.* **Алдына бас иді [ұрды]**. *Кешірім сұрады, мойынсұнды; тағзым етті, құрметтеді.* **Алдына жайып салды**. *Ағынан жарылды, ашығын айтты, іштегі сырын сыртқа шығарды.* **Алдына жан салмады**. *Өз қатарының алды, теңдесі жоқ, үздік.* **Алдына жан шықпады**. *Ешкім бетіне қарсы келе алмады, бөгет болмады.* **Алдына келді**. а) *Өз басына келді.* ә) *Бетіне салық болды, істеген ісі, сөзі өзіне айғақ болды.* **Алдына келгенін тістеп, артына келгенін тепті**. *Маңына жолатпады (тым тентек, мінезі шадыр кісі, ат туралы айтылады).* **Алдына келтірді [келді]**. *Есесін қайтарды, өз істегенін өзіне қайтарды.* **Алдына кесе-көлденең**

**тартты.** *Жайып салды, мәселе етіп қойды.* **Алдына қара салмады**. а) *Жарыста бәрінен бұрын келді, озды.* ә) *Өзі қатарлының таңдаулысы, озығы, жүйріктің жүйрігі болды.* б) *Сөзге шебер, шешен, ұтқыр болды.* **Алдын ала**. *Күнілгері, күні бұрын, бұрынырақ.* **Алдын ала барлау**. а) әск. <лат. recognosco> *Әскери қимыл алдында қарсылас жақтың орналасқан жері мен қорғанысын шола зерттеу.* ә) геод. *Геодезиялық жұмыстар жүргізбес бұрын аймақты зерттеу.* **Алдын ала қамау**. заң. *Қылмыстық процесте қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасын қолдану арқылы айыпталушыны (сезіктіні) немесе сотталушыны уақытша бас бостандығынан айыру.* **Алдын ала тергеу**. заң. *Істі сотта қарауға дейін қылмысқа қатысты фактілер мен айыптыны анықтау үшін айғақ, дәлелдерді жинау және тексеру.* **Алдын алды**. а) *Бір нәрседен күнілгері сақтанды, бойын тартты.* ә) *Жауып кетті, бет-аузын, көзінің алдын жауып кетті.* **Алдын алу**. терм. <грек. prophylaktikos> а) *Қалыпты жағдайды, тәртіпті сақтауға бағытталған іс-шаралардың жиынтығы.* ә) мед. *Түрлі ауруларды бастапқы даму кезеңінде анықтауға арналған іс шаралар.* **Алдынан арылды**. *Алдынан өтті, батасын алды.* **Алдынан дау, аузынан сөз кетпеді**. *Айтыс, дау-шарды алдынан жібермеді.* **Алдынан жарылқасын [жарылқағыр]**. алғыс. *Жолы болсын, ісі оңғарылсын дегенді білдіретін бата, тілек.* **Алдынан кесе-көлденең өтпеді**. *Қия баспады, қарсы келмеді.* **Алдынан қия өтпеді**. *Құрметтеді, сыйлады.* **Алдынан ор қазды**. *Жаманшылық ойлады, кедергі келтірді.* **Алдынан өткерді**. *Сынына, талқысына салды, назарына ұсынды.* **Алдынан [көлденең, кесе-көлденең] өтпеді [өткен емес]**. *Сыйлады, құрметтеді, ізет сақтады.* **Алдынан өтті**. а) *Кешірім өтінді, ықтияр рұқсат сұрады.* ә) *Ақыл-кеңес сұрады, ойындағысын жайып салды, жасырмады.* б) этн. *құда түсті, қыздың әке-шешесімен баталасуға келісті.* **Алдынан шықты**. а) *Қарсы жолықты, кездесті.* ә) *Құрметтеп күтіп алды, қарсылады.* б) *Қарсы келді, алдын орады.* в) *Біреуге істегені (жақсылығы не жамандығы) қайтты.* г) *Күтіп алды.* **Алдына салды**. а) *Көзіне көрсетті, алдына жайды.* ә) *Сынатты, сарапқа салды.* **Алдына [көлденең, кесе-көлденең] тартты**. а) *Ұсынды, берді, сыйлады.* ә) *Жайып салды, көрсетті, назарына ұсынды.* б) *Мәселе етіп қойды, көтерді, есіне салды.* **Алдына түсті**. а) *Ілгері шықты, басып озды, асып кетті.* ә) *Үлкеннің жолын алды, ағаның алдына шығып дәстүрді бұзды.* б) *Бағынышты болды, мойын сұнды, айтқанынан шықпады.* в) *Топ бастады.* **Алдын ашсын**. тілек. *Жолы болсын, бақытын ашсын, бетінен жарылқасын.* **Алдын ашты.** *Мақсатына жетуге жағдай жасады.* **Алдына шықпады**. *Құрмет тұтып, қарсы келмеді, сөзін жықпады, сөзін жерге тастамады.* **Алдын кернеді**. *Босағасын босатпады, жан-жақтан қаптады.* **Алдын кес-кестеді**. *Жолын бөгеді, кедергі жасады.* **Алдын кесті.** а) *Қарсы алдынан өтті.* ә) этн. жақтырмау. *Жаңа іс немесе шешілмей жатқан шаруа туралы алдын ала долбарлап, нобайлап, қорытынды жасады.* б) *Қарсыласты.* **Алдын ойлады**. *Алдағыны ойлады, болашағы, келешегі туралы қам жеді.* **Алдын орағытты.** *Алдынан кесе-көлденеңдеді, жолын тосты.* **Алдын орағыштады.** *Алдынан шыға берді; көлденеңдеді.* **Алдын орады**. а) *Орағыта, орай жүрді, кес-кестеді.* ә) *Мысын құртты, амалын тауысты, жолын кесті, мүмкіндік бермеді.* **Алдын тосты [торыды]**. *Жолын күтті, аңдыды, қарсы шықты, кес-кестеді, бөгеді.* **Алдыңа ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым**. *Өз еркі өзіне берілді, қысым көрсетілмеді.* **Алдыңа Құдай келтірсін**. қарғ. *Қылған жамандығың өзіңе келсін.* **Алдыңнан ақ күн тусын!** тілек. *Жолың болсын!*

**АЛДЫ-АЛДЫНА** үст. *Бет-бетімен, бөлек-бөлек, жөн-жөнімен.*

**Алды-алдына кетті.** *Бет-бетімен жан-жаққа тарады.*

**АЛДЫ-АРТЫ** зат. **1**. *Алды мен арты, айналасы, маңайы, жан-жағы.* **2.** *Бас-аяғы, бар болғаны, болған біткені, бәрі, түгелдей.* **3**. *Ең соңы, ақыр аяғы.*

**Алды-артын аңдады**. *Оң-солын таныды, байқады, абайлады, бажайлады.* **Алды-артына қарады**. а) *Түбін ойлады, келер-кетерін аңғарды, пайымдады.* ә) *Жан-жағын топшылады, мән-жайын тексерді.* **Алды-артына қарамады.** *Жан-жағындағыға назар салмады, не болып жатқанын бажайламады, енжар, салғырт болды.* **Алды-артына қарамай**. *Тоқтаусыз, кідіріссіз, жалма-жан.* **Алды-артына қарану**. *Тереңге көз жіберу, оймен шолу.* **Алды-артына қаратпады**. *Еш нәрсеге мұрсат бермеді, асықтырды, жаныықтырды.* **Алды-артын аңдады**. *Жан-жағын байқады, бажайлады, абайлады.* **Алды-артын байқады**. *Аңғарды, байыбына жетті, бажайлады, аңдады.* **Алды-артын буды.** *Жолын кесті, бұлтартқызбады, жүргізбеді, тосқауыл болды.*

**АЛДЫМ-БЕРДІМ** сын. *Немкетті, ықылассыз, жай; зиянсыз, үйреншікті.*

**АЛДЫМЕН** үст. *Шу дегенде, ә дегенде, бірінші кезекте, бірден.*

**АЛДЫМ-ЖҰЛДЫМ** үст. *Апың-ғұпің, қалай болса солай.*

**АЛДЫНДА** үст. **1**. *Бетпе-бет, көзінше.* **2.** *Қарсаңында, бұрын, ертерек.* **3.** *Алдағы уақытта, келешекте.*

**Алдында ғана**. *Сәл уақыт бұрын, жаңа бір әзірде.* **Алдында кетті [алды]**. *Ең жақын адамдарынан бұрынырақ өлді, ет жақындарынан бұрын қайтыс болды.*

**АЛДЫҢГҮНІ** үст. *Кешегіден бір күн бұрын.*

**АЛДЫҢҒЫ** үст. **1**. *Ілгергі, әуелгі, бастапқы, алдағы, кейінгі емес.* **2**. *Бұрынғы, өткен уақыт, өткен күн, кешеден арғы күнгі, былтырдан арғы жылы.* **3**. *Болашақ, келер уақыт, алдағы уақыт.*

**Алдыңғы күні.** *Бір күн бұрын, кешенің алдындағы күні.* **Алдыңғы қатардағы.** *Көзге түскен, озат, үздік.* **Алдыңғы қатарлы.** а) *Дамыған, өркениетті, қауқарлы, күшті, үздік, озат.* ә) *Кезек күттірмейтін, өзекті.* б) *Озық, жетілген, жаңа үлгідей.* в) *Мықты, әйгілі, жоғары дәрежелі, сапасы жоғары.* г) *Үздік, озық, беделді, маңдайалды, бетке ұстар.* **Алдыңғы план.** *Басты, негізгі көрініс.* **Алдыңғы шеп**. әск. *Майданның алдыңғы жағы, жау шебімен шектес.*

**АЛДЫР**= ет. **1.** *Әкелдіру, алғызу, әкелуге біреуді жұмсау.* **2**. *Шақырту, алғызу.* **3**. *Асты, тағамды ішкізіп-жегізу, ішімдік ішкізу.* **4**. *Сақал-мұртты, шашты қысқарту, қырғызу, кескізу.* **5**. *Алғызып тастау, жоқ ету.* **6**. ауыс. *Ұрлату, қолды болу.* **7**. *Айырылып қалу.* **8**. *Ұстату, қолға түсу.* **9**. ауыс. *Жеңілу, тізе бүгу.* **10.** ауыс. *Алдану, сеніп қалу.* **11.** ауыс. *Тоқтап қалу, тоқырау, кібіртіктеу.* **12.** ауыс. *Дарыту, дәл тигізу.*

**АЛДЫР-БҰЛДЫР** үст. **1**. сөйл. *Балдыр-бұлдыр.* **2**. жерг. *Көмескі, шала-пұла, еміс-еміс.*

**АЛДЫРТ**= ет. **1**. *Әкелдіру, алғызу, әкелту.* **2**. *Шақырту, қасына алу.* **3**. *Ұрлату, қолды қылу.* **4**. *Ас алғызу, ішкізіп-жегізу.* **5**. *Әйелдікке алғызу.* **6**. *Алғызып тастау.* **7.** ауыс. *Жеңіліс табу, тізе бүгу.* **8.** ауыс. *Болдырту, шаршату.*

**АЛДЫРТУ** *Алдырт етістігінің қимыл атауы.*

**АЛДЫРУ** *Алдыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Шақыру, алғызу.* **2.** *Қысқарту, кескізу, қырғызу.* **3**. ауыс. *Алдану, сеніп қалу.*

**АЛДЫРУШЫ** зат. *Бір затты, нәрсені алдыратын адам.*

**АЛЕБАСТР** [грек. alabastros] зат. **1**. *Ақ немесе ашық сұрғылт түсті гипс тәрізді зат, күйдірілген бор; минерал, гипстің қардай ақ, ұсақ түйіршікті түрі.* **2.** *Құрылыс гипсі, байланыстырушы тұтқыр материал.*

**АЛЕУТ** зат. этнон. *АҚШ-тың байырғы халықтарының бірі, өз атауы унанган.*

**АЛЖА** зат. көне. *Қате, кемістік.*

**АЛЖА-АЛЖА** сын. **1**. *Әбден қартайған, қаусаған (адам).* **2**. *Мылжа-мылжа.* **3**. *Аңғал-саңғал.*

**АЛЖАНАҚТЫ** сын. *Қызыл жүзді, қызыл шырайлы.*

**АЛЖАПҚЫШ** зат. <поляк. fartuch> *Жұмыс істеген кезде киім кірлемес үшін алдан байланатын белдемше.*

**АЛЖАПҚЫШТЫ** сын. *Алжапқыш байлаған, алжапқышы бар.*

**АЛЖАС**= ет. **1**. *Қателесу, ағат іс істеу, жаңылысу.* **2**. *Естен тану, ақылдан адасу.* **3.** жерг. *Жанжалдасу, ұрысу, қырқысу.*

**Алжасқан болды**. *Ақылынан адасқан сияқтанды, есінен танған адам болып көрінді.*

**АЛЖАСҚАНДАЙ** сын. *Қателескендей, жаңылысқандай, жаңсақ басқандай.*

**АЛЖАССЫЗ** сын. жерг. *Қатесіз, дәлме-дәл, нақты.*

**АЛЖАСТЫР**= ет. **1**. *Шатастыру, қателестіру, жаңылыстыру.* **2.** *Есінен тандыру, ақылынан адастыру.*

**АЛЖАСТЫРУ** *Алжастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЖАСУ** *Алжас етістігінің қимыл атауы; қателесу, ағат іс істеу, жаңылысу.*

**АЛЖАУЛЫҚ** зат. сөйл. ***Алжапқыш***.

**АЛЖИР** [ор. Акмолинский лагерь жен изменников Родины] зат. тар. қысқарға нсөз. *Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің т.б. адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазасын өтеген Ақмола облысындағы лагерь.*

**АЛЖУ** *Алжы етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ақылынан, есінен айырылу, қартаю, алжасу.* **2**. физиол. <лат.dementia> *Адамның психикалық әрекетінің кемуі немесе жасы ұлғая келе пайда болатын жарыместілік.* **3**. псих. <грек. marasmos> *Адамның психикалық іс-әрекетінің толық дерлік жойылуы.*

**АЛЖУАЗ** сын. сөйл. ***Әлжуаз***.

**АЛЖҰМЫР** зат. *Қызанақ, томат (алқа тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік және оның жемісі).*

**АЛЖЫ**= ет. **1**. *Жасы жетіп, әбден қартайғанда дұрыс ойлау қабілетін жоғалту, ақылдың кемуі, алжасу.* **2**. ауыс. *Қателесу, жаңылысу, ағаттық жасау.*

**АЛЕАТОРИКА** зат. муз. *Дыбыстарды кез-келген ретте ойнап шығуға негізделген, музыканы осылай жазып, орындауды мақсат еткен өнер ағымы.*

**АЛЕБАРДА** зат. тар. *Еуропалық мәдениетте ұшында балтасы бар ұзын найза түріндегі суық қарудың бір түрі.*

**АЛЕВРОЛИТ** зат. геол. *Құрамында 50 %-ке дейін ірілігі 0,01 мм-дей түйіршіктері бар цементтеліп қатайған шөгінді (тұнба) тау жынысы.*

**АЛЕЙРОМЕТР** [грек. aleuron – ұн, metreo – өлшеймін] зат. *Қамырдың ашу деңгейін өлшейтін құрал.*

**АЛЕЙҺИМӘССАЛАМ** о д. д і н и. *«Аллаһу та'аланың сәлемі болсын» деген мағынаны білдіретін көптеген пайғамбарлар және төрт үлкен періштелер үшін қолданылатын дұға және тағзым (құрмет) сөзі.*

**АЛЕКСАНДРИТ** з а т. м и н. *Қымбат, бағалы тас, хризоберилланың бір түрі (орыс патшасы II-Александрдің құрметіне аталған).*

**АЛЕКСИЯ** [грек. а – болымсыздық жұрнағы, lexis– сөз, сөйлеу] з а т. п с и х о л. *Жазылған сөзді оқи алмау және оны түсінбеу күйі.*

**АЛЕПОЗОМУС** з а т. б а л ы қ ш а р. *Атлант мұхитының ең терең жерінде тіршілік ететін қара балық.*

**АЛЕТИЯ** з а т. п с и х о л. *Ұмыта алмаушылық.*

**АЛИБИ** [лат. alibi] з а т. з а ң. *Сезікті адамның немесе айыпталушының қылмыс болған сәтте басқа жерде болуы, яғни оның ол қылмысқа қатысы жоқтығының дәлелі.*

**АЛИЗАРИН** з а т. х и м. *Синтетикалық бояғыш.*

**АЛИМ** [ар.] с ы н. е с к і к і т. *Әлім, көп бейнет көрген, азап шеккен.*

**АЛИМЕНТ** [лат. alimentum] з а т. з а ң. *Некеде тұрғаны үшін балалы әйелге немесе басқалай туыстық қарым-қатынастарға байланысты бір адамның заң бойынша екінші адамды асырауына жұмсайтын қаржысы.*

**АЛИМЕНТАРЛЫҚ: алиментралық инфекция** з а т. м е д. *Асқазан арқылы жұғатын індет аурулары.*

**АЛИМУН** с ы н. д і н и. *Алла тағала бастамасы жоқ болған ілімімен білуші деген Алланың сипатының бірі.*

**АЛИФАТТЫ: алифатты қосылыстар.** х и м. *Молекуласы өзара жай байланыспен байланысты көміртек атомдардың сызықты, тармақталған және тармақталмаған тізбектерінен тұратын көмірсутектер не олардың туындылары.*

**АЛИЦИКЛДІ: алициклді қосылыстар.** х и м. *Молекула құрамына көміртек атомдары өзара ароматты жүйе түзбейтін байланыстармен байланысқан бір немесе бірнеше циклдер кіретін көмірсутектер не олардың туындылары.*

**АЛКАЛОЗ** з а т. м е д. *Ағзада және қанда сілтілердің көбейіп кетуі.*

**АЛКАНДАР** з а т. х и м. *Сутегі атомдарының максималды санынан құралған қаныққан көмірсутектер.*

**АЛКЕУДЕ** с ы н. ж е р г. **1**. ж а ғ ы м с ы з. *Өзімшіл, менмен, өркеуде, тәкаппар.* **2**. ж а ғ ы м д ы. *Аңқылдақ, ақкөңіл.*

**АЛКЕУДЕЛІК** з а т. **1**. *Өркеуделік, менмендік, өркөкіректік.* **2**. *Аққөңілдік, аңқылдақтық.*

**АЛКИДТІ: алкидті эмальдар**. х и м. *Алкидті лак негізіндегі эмальдар.*

**АЛКОГОЛИЗ** [грек. lysis] х и м. з а т. *Заттардың спиртпен әрекеттескен кезіндегі ыдырауы.*

**АЛКОГОЛИЗМ** з а т. ***Маскүнемдік***.

**АЛКОГОЛИК** з а т. с ө й л. ***Маскүнем***.

**АЛКОГОЛЬ** [ар. الكحول] з а т. *Арақ-шарап, жалпы спирттік ішімдік атаулының барлық түрі, ішімдіктің жалпы атауы.*

**АЛКОЛОИД** [ар. القلويات< грек. eidos] з а т. х и м. *Сілті сипатты (кофеин, морфин, адреналин, никотин және т .б.), құрамында азотатомы бар табиғи текті органикалық заттар.*

**АЛКАЛОИДТАР** з а т. х и м. ***Алкалоид***.

**АЛКОЛОИДТЫҚ** с ы н. х и м. *Алколоидтарға тән.*

**АЛҚА[1]** з а т. э т н. з е р г. *Қыз-келіншектердің мойнына, омырауына сәндікке тағылатын бірнеше бөлік асыл тастардан, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған бірнеше алақаннан тұратын, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі.*

**АЛҚА[2]** [ар. حلقة] з а т. **1**. э т н. *Белгілі бір әлеуметтік мәселемен арнайы жиналған өкілеттілігі бар адамдардың жиыны.* **2**. р е с м и. *Коллегия, әкімшілік немесе кеңесші органдарға мүше адамдар тобы.*

**Алқаға түсті**. *Топтың, жиналған жұрттың, көпшіліктің сынынан өтті.* **Алқа жұрт**. *Белгілі бір мақсатпен бас қосқан, жиналған ел, көпшілік.* **Алқа мәжілісі**. *Алқа мүшелерінің жиналысы.* **Алқа топ.** *Арнаулы, іріктеулі топ, үлкен жиын.*

**АЛҚА[3]** з а т. ө с. <лат. solanum> *Алқа тұқымдасына жататын біржылдық не көпжылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер тұқымдасының жалпы атауы.*

**АЛҚА[4]** з а т. ж е р г. ***Құлып***.

**АЛҚА[5]** з а т. к ө н е. *Мойынға тағатын жібек жіп, күміс шынжыр.*

**АЛҚА[6]** з а т. э т н. *Алдыңғы жақ өңірге шалғыш тәрізді етіп шалатын етегі төртбұрыш немесе доғалау пошымды, мойынды орай желкеден байланатын бауы бар кестеленген әйел киімінің түрі.*

**АЛҚА[7]** с ы н. *Ашық-жарқын (көңіл).*

**АЛҚА**= е т. к ө н е. *Мақтау, мадақтау, қолпаштау; бата беру, алғыс айту.*

**АЛҚАБИ** з а т. қ ұ қ ы қ. *Сот ісіне қатысып, айыпталушының кінәлі немесе кінәсіз екені туралы шешім шығаратын сайланбалы тұлға.*

**Алқабилер институты.** қ ұ қ ы қ. *Айыпталушының айыпты немесе айыпсыз екені туралы шешім шығаратын, сот ісін қарау уақытында шақырылатын сайланбалы тұлғалар түріндегі сот үдерісін жүргізудің бір элементі.* **Алқабилер соты**. *Алқабилер арқылы жүргізілетін сот.*

**АЛҚАБИЛІК** з а т. қ ұ қ ы қ. *Алқабилер арқылы айыпталушының кінәлі, кінәсіз екені туралы шешім шығарушылық.*

**АЛҚАБАУ** з а т. ***Алқа[5]*** *(мойынға тағатын жібек жіп, күміс шынжыр).*

**АЛҚАДАЙ** с ы н. *Алқа тәрізді, алқа сияқты.*

**АЛҚА-ҚОТАН[1]** з а т. э т н. **1.** *Ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі, билер соты сияқты алқалы жиындарда көпшіліктің, яғни белгілі бір жиынның күн тәртібіне тікелей қатысы бар адамдардың қатысуымен болатын кеңестің өзіндік ұйымдасу тәртібі; жиындардың белгілі бір өзекті мәселелерді талқылау немесе пысықтау сияқты кезінде кеңейтілген түрі.* **2.** *Қазақ ауылының қоныстану жүйесіндегі ертедегі дөңгелене қоршау құра орналасу тәртібі [көшіп жүрген ру немесе ауыл бір жерге аялдағанда тосын жау шабуылынан сақтану үшін, көшпелі үйлерді шеңбер түрінде орналастырып, оларды айналдыра немесе арасына арба мен күймелер қойып, шеңбердің ортасына рубасының шатыры немесе киіз үйін орналастырған]. //Үлкен, келелі, кеңесті (жиын туралы)*

**АЛҚА-ҚОТАН[2]** ү с т. *Айнала, дөңгелене, қоршалай.*

**Алқа-қотан [салып] отырды**. *Дөңгелене, қоршай отырды.*

**АЛҚАЛА** = е т. **1**. *Айнала қоршау.* **2**. *Жанжақтан қоршап, ортаға алу, қамау.* **3**. э т н. к ө н е. *Бас қосу, жиналу.*

**АЛҚАЛАН**= е т. *Жиналу, дөңгелену, қоршалу.*

**АЛҚАЛАНУ** *Алқалан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚАЛАУ** *Алқала етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚАЛЫ[1]** с ы н. *Алқасы бар, алқа таққан.*

**АЛҚАЛЫ[2]** с ы н. *Елеулі, үлкен, қарасы мол (топ, жиын).*

**Алқалы жиын**. *Елеулі, үлкен жиын.* **Алқалы той**. *Елеулі, айтулы мереке, мерейлі той.* **Алқалы [алқа] топ**. *Арнаулы, іріктеулі топ, үлкен жиын.*

**АЛҚАМ-САЛҚАМ** с ы н. с ө й л. ***Алқа-салқа***.

**Алқам-салқамы шықты**. *Алба-жұлба болды, тозығы жетті.*

**АЛҚАМ-САЛҚАМДАУ** с ы н. *Олпы-солпылау, ұқыпсыздау; жинақы емес, қалай болса солай.*

**АЛҚАНА-САЛҚАНА** ү с т. с ө й л. ***Алқа-салқа***.

**АЛҚАН-ШАЛҚАН** с ы н. с ө й л. ***Алқа-салқа***.

**АЛҚАП** з а т. *Өңір, аймақ.*

**АЛҚАПТА**= е т. ж е р г. *Сулы жерге, алқапқа айналу, толу, жайлау.*

**АЛҚАПТАН**= е т. *Тегістікке, жазықтыққа айналу; етек жая түсу.*

**АЛҚАПТАНУ** *Алқаптан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚАПТЫ** с ы н. *Кең өңірлі, үлкен аймақты, кең жазықты.*

**АЛҚАР** з а т. с ө й л. ***Арқар.***

**АЛҚА-САЛҚА** с ы н. *Олпы-солпы, ұқыпсыз; жинақы емес, қалай болса солай.*

**АЛҚАУ** *Алқа етістігінің қимыл атауы; қолдау, жақтау, құптау; бата беру, алғыс айту.*

**АЛҚИССА** [ар. القصة] з а т. с ө й л. ***Әлқисса***.

**АЛҚОРЫ** з а т. ө с. <лат. cydonia> ***Алхоры*** *(Раушангүлділер тұқымдасына жататын жемісті дақыл).*

**АЛҚҰЛЫМДАП** ү с т. *Әупірімдеп, әрең-әрең.*

**АЛҚЫЗЫЛДАН**= е т. *Қатты қызару, жалқындану.*

**АЛҚЫЗЫЛДАНУ** *Алқызылдан етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚЫЛДА**= е т. *Босау, қолқылдау, кеңу.*

**АЛҚЫМ[1]** [ар. حلقوم] з а т. **1**. *Мойынның бауыздау жері, тамақ, сағақ.* **2**. а у ы с. *Киімдегі ең жоғарғы түйме тағылатын тұс.* **3**. а у ы с. *Бір нәрсенің қылта тұсы, жіңішкерген жері, жиегі.*

**Алқым астында**. *Тым жақын, өте жақын.* **Алқымға ажал жармасты.** п о э т. *Өлім жақындады, ажал таянды, тақалды.* **Алқымға жабысты**. *Алқымды қапсыра қатты тістеді, алқымнан алды.* **Алқымға қатер тіреді.** *Жанын мұрнының ұшына келтірді, қатты қинап азаптады.* **Алқымдап алды**. *Құтыла алмастай болды, жайлап алды, бойды жеңді.* **Алқымнан алды**. а) *Жағасына жармасты, қылғындырды.* ә) *Асықтырды, аптықтырды, састырды.* б) *Жанын қысты, есін шығарды, қинады.* **Алқым шалу**. э т н. қ о л ө н е р. *Кимешек пен бой киімдерінің алдыңғы өңірін, жиегін әшекейлеу үшін түрлі-түсті жіппен шалып тігу, кимешектің ойығын кестелеу.* **Алқымы кепті**. *Алқымы ісінді, шөлдеді.* **Алқымына жармасты**. *Мойынның сағасынан екі қолымен сығымдады.* **Алқымына май тығылды**. *Семіздіктен жүруі қиындады, дем ала алмады.* **Алқымына өксік тығылды.** *Күйініштен булығып жылап жібере жаздады.* **Алқымына пышақ тіреді.** *Қатты қорқытты, зәресін алды.* **Алқымынан қысты [сығымдады, сықты]**. *Қылғындырды, қинады.* **Алқымына өксік тығылды**. *Жылағысы келді, жыларман болды.* **Алқымын езді**. *Мойнынан, сағағынан тісімен қидалап, шайнады.* **Алқымы іскен**. *Бабына келген, дер шағындағы.*

**АЛҚЫМ[2]** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Өрмек тоқуға арнал іірген төрт ұршықтай жіп мөлшері.*

**АЛҚЫМАЗУ** з а т. э т н. *Жылқы малының төртке шыққанда жаратын, ұрт азуының арғы жағынан асты-үстіне үш-үштен жарып*

*шығатын, жылқының ұрғашысының байтал жасына жеткендігін, еркегінің бесті болғандығын айғақтайтын тістері.*

**АЛҚЫМДА**= ет. 1. *Алқымнан алып қылғындыру, буындыру.* 2. ауыс. *Күшею, бас көтертпеу.* 3. ауыс. *Жақындау, маңайлау, таяну.*

**АЛҚЫМДАС**= ет. *Қатарласа, қапталдаса жүру.*

**АЛҚЫМДАСУ** *Алқымдас етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚЫМДАУ** *Алқымда етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚЫМ-ЖҰЛҚЫМ** үст. сөйл. ***Алқын-жұлқын.***

**АЛҚЫН** зат. *Екпін, қарқын.*

**АЛҚЫН**= ет. 1. *Ентігу, жиі-жиі тыныстау, ентіге дем алу.* 2. ауыс. *Судың екпіндей, тасқындай ағуы.* 3. ауыс. *Босқа әурелену, зорлану.* 4. ауыс. *Бұлқыну, тулау.* 5. ауыс. *Масайрау, асып-тасу.*

**АЛҚЫНДЫ** зат. жерг. *Сабынның қалдығы.*

**АЛҚЫНДЫР** = ет. 1. *Ентіктірді, абықтырды.* 2. *Алқымдау, жақындау.*

**АЛҚЫНДЫРУ** *Алқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН** үст. *Асығыс, жанталаса.*

**Алқын-жұлқын болды.** *Апыр-топыры шықты, қобырады.*

**АЛҚЫНУ** *Алқын етістігінің қимыл атауы; бос дабыра қылу, даурығу.*

**АЛҚЫНЫП-ЖҰЛҚЫНЫП** үст. *Асығып, асығып-үсігіп, жанталасып.*

**АЛҚЫНЫС**= ет. *Ентігу, дем алыстың жиілеуі.*

**АЛҚЫНЫСУ** *Алқыныс етістігінің қимыл атауы.*

**АЛҚЫОРАҚ** зат. жерг. *Имегін қолдан шегелемей, тұтас соғылған орақ.*

**АЛЛА** [ар. الله] зат. діни. *Барша жанды-жансыз дүниенің, ғаламның иесі, ешкімнен туылмаған, ешкімді тумаған, құдіретті күш, 18 мың ғаламды, қиямет-қайымды, осы дүние мен о дүниені, күллі әлемді жаратушы, Құдай, адамның табынатын раббысы.*

**Алла ақырын берсін.** тілек. *Құдай ісін оңғарсын, қайырлы болсын.* **Алла атымен.** *Құдай атымен, Аллаға сиынып.* **Алла атымен ант етті.** *Құдай атымен уәде етті, сөз берді.* **Алла бағын ашты.** *Құдай жолын оңғарды, жарылқады.* **Алла басқа салды.** *Құдай солай ұйғарды.* **Алла берді.** *Құдай бұйыртты, нәсіп етті.* **Алла бетіңнен жарылқасын.** тілек. *Құдай қолдасын, жар болсын, жолың болсын, ісің оңға бассын деген мағынада.* **Алла бұйырса.** діни. *Сәті түссе, орайы келсе; Тәңір жазса.* **Алла біледі.** *Құдай біледі; адамға түсініксіз, белгісіз, не болатыны белгісіз.* **Аллаға ақсары қойын айтты.** *Құдайдың ризашылығы үшін құрбандыққа қой атады.* **Аллаға аманат.** *Бір Құдайға тапсырдым деген мағынада.* **Аллаға аян.** *Жаратушыға белгілі.* **Аллаға бас ұрды.** *Құдайға сиынды, жалбарынды, құлшылық етті.* **Аллаға дұға айтты.** *Құдайға құлшылық етіп, жалбарынды.* **Аллаға жазды.** *Күнәһар болды, күнә жасады, жазықты болды.* **Аллаға [Алла тағалаға] жалбарынды.** *Құдайдан, жаратушыдан қолдау тіледі, құдірет иесіне құлшылық етті.* **Аллаға иман келтіру.** діни. *Алла тағаланың бар екеніне, жалғыздығына, оның құдіретіне сену, соған ғана құлшылық етіп, белгілі сипаттары мен есімдерін мойындау негізіндегі мұсылмандықтың, иман келтірудің ең басты шарты.* **Аллаға мақұл болсын.** тілек. *Құдай әміріне қарсы келмесін, оң, орынды болсын.* **Аллаға мінәжат.** *Құдайға құлшылық.* **Аллаға мінәжат етті.** *Құдайға сиынды, жалбарынды.* **Аллаға разы.** *Көңілі көншіген, көңілі толған, Құдайға риза.* **Аллаға [Алла тағалаға] сиынды.** *Құдайға жалбарынды, бас ұрды.* **Аллаға [Құдайға, Тәңірге, аруаққа] сиынды.** *Құдайға, Жаратушыға жалбарынды, мінәжат қылды.* **Аллаға [Алланың өзіне] тапсырды.** *Құдайға аманат етті.* **Аллаға тәубе қылды.** *Күнәсін мойындады, кешірім сұрады.* **Аллаға тәуекел қылды.** *Қиын іске бел буып, Құдайға жалбарынды.* **Аллаға тілі тимеген.** *Тақуа, діндар.* **Аллаға шүкір.** *Құдайға шүкір.* **Аллаға шүкір [шүкірлік] айтты.** *Құдайға ризалық білдірді, рақмет айтты.* **Аллаға шүкірлік қылды.** *Құдайға ризалығын білдірді, рақмет айтты.* **Алладан болды.** *Құдайдың ықтиярымен, Құдайдың бұйрығы бойынша.* **Алладан дәрмен сұрады.** *Құдайға жалбарынып, көмек сұрады.* **Алладан иман сұрады.** діни. *Сенімін кәміл етуді өтініп, Құдайға құлшылық етті.* **Алладан медет келді.** *Құдай қолдады, ісін оңғарды.* **Алладан медет [мәжет] тіледі [сұрады].** *Құдайға жалбарынып, көмек сұрады, тілек етті; Алладан қолдау тіледі.* **Алладан пәрмен тіледі [сұрады].** *Құдайға жалбарынып, көмек, қуат сұрады.* **Алладан [Алла тағаладан] сұрады [тіледі].** *Құдайға жалбарынып, тіледі.* **Алла деп.** *Құдайға сиынып.* **Алла жазды [қосты].** *Құдай бұйыртты, нәсіп етті.* **Алла [Құдай] жазса.** сөйл. діни. *Құдайдың қалауы солай болса, бұйыртса, иншалла, ыңғайы келсе деген мағынада.* **Алла жаратты [жасады]** *Құдай жасады, жоқтан бар етті.* **Алла [тағала] жар болды.** *Құдай қолдады, ісін оңғарды.* **Алла жар болсын [жарылқасын].** тілек. *Көңілі түскенге жанашырлық білдіру мәніндегі Алла қолдасын, Алла көмектессін деген мағынадағы тілек сөз.* **Алла жолы.** *Құдай жолы, хақ жолы; түзу, дұрыс, ақиқат, сара жол, бағыт.* **Алла жолына көже.** *Ертедегі метеорологиялық магияға қатысты жасалатын рәсім, жаңбыр тілеп тасаттық жасағанда пісірілетін көже түрі [жаңбыр шақыру үшін жүгері немесе бидайдан жасап, әркімнің пісіріп әкелген көжелері бір қазанға құйылып, біріктіріледі. Рәсім үлкен жолдың бойында жолаушылар көп жүретін жерде өткізіледі].* **Алла жіберген ақ бұйрықты өлім.** *Ажал, өлім сағаты.* **Алла қабыл етті.** *Құдай қош көрді.* **Алла қабыл қылсын.** тілек. *Құдай қабыл етсін, ниетіңіз қабыл болсын.* **Алла қайырын берсін.** тілек. *Құдай қолдап, ісі оң болсын.* **Алла қаһар [кәр] қылды.** *Құдай жазалады, жазасын берді.* **Алла қош [лайық] көрді.** *Құдай бұйыртты, сәтін салды, қолдады.* **Алла қуат берді.** *Құдай жар болды, қолдады.* **Алла маңдайына жазды.** *Құдай адам тағдырын пешенесіне жазып қояды деген мағынада.* **Алла [тағала] нәсіп етті [қылды, тіледі, айдады, айлады].** *Құдай бұйыртты.* **Алла нәсіпке бұйырды.** *Құдай нәсіп етті, бұйыртты.* **Алланы ауызға алды.** *Алланы атады, сиынды.* **Алланы [Жаббар Алланы] жад қылды.** *Құдайды есіне тұтты, есіне ұстады.* **Алланың ақ өлімі [ақ бұйрығы, ақ бұйрықты өлімі].** *Өлім сағаты, ажал.* **Алланың аманатын берді.** *Өлді, жан тәсілім етті, о дүниелік болды.* **Алланың аяны.** *Құдайдың пендесіне түсірген ашық белгісі, болашақтың барысы туралы ескертуі, хабары, ишарасы.* **Алланың аяуы.** *Құдайдың жарылқауы, Алланың шапағаты.* **Алланың әмірі.** *Құдайдың үкімі, ұйғаруы, басқа салғаны.* **Алланың бергені.** *Құдайдың бұйыртқаны, нәсіп еткені.* **Алланың, [Алла тағаланың, Құданың, Құдайдың] бұйрығы.** діни. *Алла тағаланың басқа салғаны, нәсіп еткені, тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, Құдайдың ұйғаруы деген мағынада.* **Алланың бұйрығымен.** *Құдайдың дегенімен, пәрменімен.* **Алланың бұйырғаны.** *Құдайдың жазғаны, көрсеткені.* **Алланың бірлігі.** *Құдайдың жалғыздығы, даралығы.* **Алланың демеуі.** *Құдайдың қолдауы.* **Алланың жазасы.** *Құдайдың қаһары, зауалы.* **Алланың жазуы.** *Құдайдың маңдайға жазғаны, тағдыр, пендесіне бұйырғаны, нәсіп еткені.* **Алланың кәрі тиді.** *Құдайдың қаһарына ұшырады.* **Алланың көрсеткені.** *Құдайдың бұйыртқаны, пешенеге жазғаны.* **Алланың қалауы.** *Құдайдың еркі.* **Алланың [тағдырдың] қатал бұйрығы.** *Жазмыш, адамды еріксіз бағындырып мойындатқан сыртқы құдіретті күш.* **Алланың құдіреті.** *Құдайдың кереметі.* **Алланың құлы.** *Дүниенің, қызықтың ақшаның т.б. емес, Құдайдың құлы болған адам, пенде.* **Алланың нұры.** діни. а) *Бүкіл ғалам, жанды, жансыз дүние, адам баласы жаралған Алла тағаланың құдіретті қуаты.* ә) *Адамға Алланың берген қуаты, сұлулығы т.б. ерекше қасиеті.* **Алланың нұры [нұр] жауды.** а) *Жаңбыр жауды.* ә) *Басына бақыт қонды; құт-береке болды.* **Алланың пәрмені.** *Құдайдың бұйрығы, әмірі.* **Алланың пейілі.** *Құдайдың дегені, ойлағаны, ниеті.* **Алланың пендесі.** *Адам; Құдайдың пендесі.* **Алланың рақматы [рақметі].** *Құдайдың мейірімі, рақымшылығы, рақымы, жақсылығы.* **Алланың рақымы.** *Құдайдың жақсылығы, мейірімі.* **Алланың сүйген құлы.** *Құдайдың жарылқаған пендесі.* **Алланың [басқа, маңдайға] салғанын [жазғанын] көтерді [көрді, көнді].** *Құдайдың дегеніне мойынсұнды, төзді.* **Алланың хақ [ақ] жолы.** *Құдайдың тура, дұрыс жолы, имандылық.* **Алланың хақы.** *Құдайдың еркі.* **Алланың хикметі.** *Жаратушының кереметі, ғажап ісі.* **Алланың [Алла тағаланың] хұзырында [еркінде].** *Жаратушының билігінде.* **Алланың ісі.** *Құдайдың дегені, маңдайға жазғаны.* **Алла оңғарды [оңдады].** *Құдай жарылқады, қолдады.* **Алла разы [риза] болсын.** тілек. *Көңіліне жаққанда, хош көргенде айтылатын Құдай мақұл көріп, ісін қолдасын деген мағынадағы тілек сөз.* **Алла рақым қылды.** *Құдай кешірді.* **Алла сақтады.** а) *Құдай қақты, қауіп-қатерден аман қалды.* ә) *Жаратқан нәсіп етті, бұйыртты.* **Алла сақтасын.** тілек. *Жаманшылықтың бетін әрі қылсын деген мағынада.* **Алласына сенді.** *Құдайға, тәңірге сенді, жаратушыға иланды.* **Алла тағала.** діни. *Ислам діні бойынша күллі ғаламды, өлі-тірі дүниені жаратушы, өмірінің мәні Өзіне табыну болып табылатын адамдар мен жындарды жер бетіне жаратып, барша жаратылыс иелерінің ішінде адамды ерекше сүйген Ұлы құдірет иесі.* **Алла тағалаға қарсы жасалатын зұлымдық.** діни. *Алла тағалаға сенбеу және оның аяттарын астамшылдықпен аяқасты ету, мешіттерді қирату; жаратушының есімін ұмыттыруға тырысып, зорлық-зомбылықпен адамдарды діннен тайдыру т.б.* **Алла тағала қабыл етті.** *Құдайдың мейірімі түсті.* **Алла тағала маңдайын [бағын] ашты.** *Құдай ісін оңғарды, қолдады.* **Алла тағаланың әмірі [бұйрығы].** *Құдайдың, тәңірінің бұйрығы, қош көргені.* **Алла тағаланың бұйырғанына көнбеді.** *Құдайға қарсы шықты, күпірлік етті.* **Алла тағаланың дидары.** *Жаратушының нұр сипаты.* **Алла тағаланың көзі тура.** *Алла тағала бәрін көріп, біліп отыр деген мағынада.* **Алла тағаланың сәлемі.** *Құдайдың жолдауы, өсиеті.* **Алла тағала сәтін салды.** *Құдай бұйыртты, нәсіп етті, оңғарды.* **Алла тағала тұзын көтерді.** *Сапарға шықты, дәм-тұз алыстан бұйырды.*

**АЛЛААКПАР** од. сөйл. 1. *Аллауакбар, қабыл қылсын.* 2. ауыс. *Тамам болды, бітті деген мағынада.*

**АЛЛАӘКБАР** од. сөйл. ***Аллауакбар.***

**АЛЛАЛА**= ет. *Алла, Алла деу, Аллаға сыйыну.*

**АЛЛАЛАУ** *Аллала етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЛАЛЫ** сын. сөйл. *Алласы бар, Құдайды ойлайтын.*

**АЛЛАНТОИС** зат. вет. *Құрсақтағы төлдің несебі жиналатын қағанақтың өте жұқа қабаты.*

**АЛЛАПРИМА** зат. өнер. *Шығарманы немесе оның фрагментін бояуын кептірмей шапшаң жағыстармен бір дүркін жағып шығатын тәсіл.*

**АЛЛАСЫЗ** сын. *Аллаламай, Алла демей, Алланы ауызға алмай.*

**АЛЛАТИВ** зат. лингв. *Қайсібір денеге жақындау, жуықтау мағынасын, бағытты білдіретін септік түрі.*

**АЛЛАУАКБАР** [ар. الله أكبر] од. *Алла ұлығ, Алладан ұлығ ешкім жоқ.*

**АЛЛАУАКПАР** од. сөйл. ***Аллауакбар.***

**АЛЛАҺ** зат. діни. *Бар болуы міндетті, иман және ғибадат етілетін шынайы жаратушы, барлық нәрсені жоқтан бар еткен илаһ деген мағынадағы Алла тағаланың көркем есімдерінің бірі.*

**АЛЛАҺУАҒЛАМ** од. діни. *Аллаға аян дегенді білдіретін сөз.*

**АЛЛАҺУӘКБАР** од. сөйл. ***Аллауакбар.***

**АЛЛАШЫЛ** сын. *Құдайшыл, Аллаға сиынғыш.*

**АЛЛЕГОРИЯ** [грек. allegoria] зат. әдеб. *Әдебиетте, көркемөнерде белгілі бір идеяны, нақты ұғымды образ арқылы суреттеу әдісі.*

**АЛЛЕГОРЛАУ** зат. әдеб. ***Аллегория.***

**АЛЛЕГРО** [итал. allegro] зат. муз. **1**. *Музыкалық пьесаны немесе оның бөлімін ойнаудағы жылдамдық қарқыны.* **2**. *Тұтас музыкалық шығарманың немесе бөлімнің атауы.*

**АЛЛЕЛОПАТИЯ** [грек. allelon – бір-біріне, pathos – жапа шегу] зат. бот. *Өсімдіктер мен микроағзалардың қоршаған ортаға денелерінің сырт бөлігімен биологиялық белсенді заттарды бөліп шығару арқылы тікелей немесе жанама түріндегі зиянды әсері; басқа өсімдіктердің өсіп-өну үдерісіне зақым келтіру.*

**АЛЛЕЛЬ** зат. мед. *Қандай да бір белгінің дамуын анықтайтын жұп геннің бірі.*

**АЛЛЕМАНДА** зат. өнер. *XVI ғ. бастап белгілі, сарайлардағы балдарда кеңінен таралған баяу қозғалысты неміс биі.*

**АЛЛЕРГЕН** [грек. allos – басқа, genes – тұқым] зат. мед. *Адам ағзасының қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттен тыс сезімталдығын оятатын немесе аллергияны тудыратын заттар.*

**АЛЛЕРГИЯ** [грек. allos – өзге, ergon – әрекет] зат. мед. *Ағзаның қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттегіден тыс сезімталдығы.*

**АЛЛЕРГИЯЛЫҚ** сын. *Аллергияға тән, аллергияға қатысты.*

**АЛЛЕРГОЛОГ** зат. мед. *Аллергиямен ауыратын ауруларды емдеуге маманданған дәрігер.*

**АЛЛЕРГОЛОГИЯ** [грек. allos – өзге, ergon – әрекет, logos – ілім] зат. мед. *Аллергия және аллергиялық аурулардың пайда болу себептерін, даму жолдарын, клиникалық белгілерін зерттейтін және олардан алдын ала сақтанумен емдеу әдістерін жетілдіретін иммунологиямен клиникалық медицинаның бір саласы.*

**АЛЛЕРГОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Аллергологияға тән, аллергологияға қатысты.*

**АЛЛЕЯ** [франц. allee] зат. *Екі жағына ағаш отырғызылып, адамдардың қыдырыстауы үшін жасалған жол.*

**АЛЛЕЯЛЫ** сын. *Аллеясы бар.*

**АЛЛЕЯСЫЗ** сын. *Аллеясы жоқ.*

**АЛЛИГАТОР** [ағыл. alligator] зат. зоол. *Қолтырауын отрядының үш тұқымдасының бірі.*

**АЛЛИЛУЙЯ** евр. од. діни. *Құдайға құлшылық ету кезіндегі христиан шіркеулерінде айтылатынән қайырмасы.*

**АЛЛИТЕРАЦИЯ** [франц. alliteration] зат. әдеб. *Шығармадағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы, үндестігі арқылы жасалатын көркемдік тәсіл.*

**АЛЛО** [ағыл. hallo] од. *Телефонмен сөйлесушілердің бір-біріне беретін дыбыстық ишараты.*

**АЛЛОГРАФ** зат. лингв. *Бірін-бірі өзара алмастырып отыратын иероглиф, баспалық не қолжазбалық әріп, бас әріп не жай әріп ретіндегі графеманың түрі.*

**АЛЛОМАН** зат. балықшар. *Каспийде, Қара теңізде шоғырланған балықтарды екі кемемен тартып жүріп аулайтын үлкен сүзекі.*

**АЛЛОНАЖ** зат. ***Аллонж.***

**АЛЛОНЖ** [франц. allonge] зат. экон. *Вексельге жапсырылған қосымша парақ.*

**АЛЛОНИМ** зат. кіт. *Басқа біреуге лақапат түрінде қолданылған біреудің шынайы аты.*

**АЛЛОПАТРИЯ** [грек. allos – басқа, бөтен, patris – Отан] зат. биол. *Бастапқы түрдің оқшау аймақтарында орналасқан бір не бірнеше аралас өскіндерінен түзілген жаңа түр.*

**АЛЛОТРИОФАГИЯ** [ағыл. allotriophagia] зат. мед. псих. *Жеуге жарамсыз заттарды жеу арқылы көрінетін психологиялық ауытқу ауруы.*

**АЛЛОТРОПИЯ** [грек. allos – басқа, tropos – қасиет] зат. хим. *Бір химиялық элементтің бірнеше қарапайым зат түрінде болу құбылысы.*

**АЛЛОТРОПТЫҚ** [грек. allos – басқа, tropos – қасиет] сын. хим. *Аллотропияға тән, аллотропияға қатысты.*

**АЛЛОУ** од. сөйл. ***Алло.***

**АЛЛОФОН** зат. лингв. *Белгілі бір фонеманың мағына ажырататын қызметтері болмайтын жуанды-жіңішкелі дыбысталуы, түрлері.*

**АЛЛОХТОН** [грек. allos – өзге, chthon – жер] зат. геол. *Тектоникалық күштердің әсерінен өзінің алғаш түзілу аймағынан көлбеу беткей бойымен жазық бағытта жылжып кеткен тау жыныстарының кешені.*

**АЛЛЮВИЙ** [лат. alluvio] зат. геогр. *Тау жыныстары үгінділерінің өзен аңғарларында жиналуынан пайда болатын борпылдақ шөгінділер.*

**Аллювий суы**. *Өзен аңғарларының аллювий шөгінділері қабатындағы жерасты суы.*

**АЛЛЮВИЙЛІК** зат. геогр. *Құрамында аллювий бар.*

**АЛЛЮР** [франц. allure] зат. спорт. *Жылқының алға қарай екпіндей жүруін сипаттайтын қимыл-қозғалыс.*

**АЛМА** зат. өс. <лат. malus> **1**. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.* **2**. *Осы жеміс ағашының домалақ пішінді, тығыз, тәтті, шырынды жемісі.* **3**. поэт. *Әйелдің төсі, емшегі.*

**Алма бақ [бау]**. *Алма ағаштары егілген, алма өсіретін бақ.* **Алма бет**. *Қызыл шырайлы, толық, жас, балғын жүз.* **Алма бетті.** поэт. *Ашаң, бетінің ұштары қызыл, қызыл шырайлы (қыздың бет-ажары туралы).* **Алма ерін**. поэт. *Алма тәрізді қызыл ерін.* **Алма жасыл бітесі**. зоол. <лат. aphis pomi> *Алма ағашын зақымдайтын тең қанаттылар отрядына жататын зиянкес жәндік.* **Алма жүз**. поэт. *Ажарлы, қызыл шырайлы бет.* **Алма көбелегі**. зоол. сөйл. ***Алма-жемірі***. **Алма күйесі**. зоол. <лат. yponomeuta malinellus> *Жеміс ағаштарын зақымдайтын аққіс күйе тұқымдасына жататын зиянды көбелек.* **Алма қышқылы.** хим. *Көптеген өсімдіктерде, әсіресе піскен шетен жемісі мен лимон шырынында көп болатын сұйық зат, екі негізді органикалық қышқыл.* . **Алма мойын**. поэт. *Әдемі, ат сағақ жұмыр мойын.* **Алма мойын, құба үйрек**. діни. *Діни ұғымда береке дарығанға көрінетін қасиетті зат мағынасында.* **Алма сабақ**. поэт. *Жіңішке, үзіліп тұрған, нәзік.* **Алма сағақ [сағақты]**. *Жіңішке сағақ.*

**АЛМААҒАШ** зат. өс. <лат. maius> *Алма жемісі өсетін ағаш.*

**АЛМАҒАЙЫП** үст. *Екіталай, неғайбыл, екіұдай.*

**АЛМАДАЙ** сын. *Алма сияқты, алма тәрізді.*

**АЛМАЖЕМІРІ** зат. зоол. <лат. laspeyresia pomonella> *Жеміс ағаштарын зақымдайтын, жапырақ ширатқыштар тұқымдасына жататын көбелек, алма ағаштың ең қауіпті зиянкесі.*

**АЛМА-ЖЕМІС** зат. *Алма және басқа жеміс түрлері.*

**АЛМА-ЖҰЛМА** сын. сөйл. ***Алба-жұлба.***

**АЛМАЗ** зат. мин. *Алмас (дәрі, сынап хлориді, наркүміс).*

**АЛМАЗДЫ** сын. *Құрамында алмазы бар.*

**Алмазды майұнтақ.** тех. *Синтетикалық алмастар негізіндегі жеткізу майұнтағы.*

**АЛМА-КЕЗЕК** үст. *Бірден емес, кезек-кезек, кезекпе-кезек.*

**АЛМАҚ** зат. *Алашақ, алуға тиісті зат, нәрсе, аласы.*

**АЛМАҚАБАҚ** зат. жерг. *Кішкентай қабақтан жасалған, насыбай салатын шақша.*

**АЛМАҚАҚ** зат. *Кептірілген алма.*

**АЛМАЛА=** ет. *Кезек-кезек ауыстыру, кезектестіру, қайта-қайта алмастыру.*

**АЛМАЛАС=** ет. *Кезектесу, ауысу, ауыстыру.*

**АЛМАЛАТ=** ет. *Ауыстыру, кезектету.*

**АЛМАЛАУ** *Алмала етістігінің қимыл атауы.*

**АЛМАЛЫ**[1] сын. **1**. *Алмасы бар, алмасы көп.* **2.** ауыс. *Төсі әдемі, тығыз, жұмыр.*

**АЛМАЛЫ**[2] сын. *Алып-салуға болатын, шығармалы.*

**Алмалы диск**. инф. *Жазып алынған және қолданған орынға тәуелді емес, ақпаратты дербес сақтайтын ақпараттасығыш.*

**АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ** сын. *Алып-салып қоюға ыңғайлы, алып-салып тұратын, кигізіліп-шығарылатын.*

**АЛМАН** зат. *Алым-салым.*

**АЛМАН-АҚЫ** зат. *Алман-салық.*

**АЛМАН-ЖАЛМАН** үст. жерг. ***Жалма-жан.***

**АЛМАН-САЛЫҚ** зат. жерг. *Шыңжаң мен Моңғолиядағы қазақтар арасындағы ертедегі әкімшілік салығының жергілікті атауы.*

**АЛМА-ӨРІК** зат. *Алма, өрік т.б. сол сияқты жеміс-жидек.*

**АЛМАС**[1] зат. <грек. almas> **1**. мин. *Табиғатта кездесетін ең қатты минерал, таза көміртектің кристалдық түрленімі.* **2**. *Сапалы, қатты металдан жасалған өткір қару.* **3**. жерг. *Ұстара түрі.* **4**. ауыс. *Сөзі өткір, ойы ұшқыр адам.*

**Алмас азу**. *Өткір, тиген жерін тіліп түсер азу тіс.* **Алмас жүз [жүзді]**. *Өткір, қарауға қаймығатындай түрі бар, сесті.* **Алмас кездік**. *Қылпылдаған, қынға салып ұстайтын пышақтың түрі.* **Алмас көз**. *Жанары өткір көз.* **Алмас қанжар**. *Өткір, тиген жерін тіліп түсетін қанжар.* **Алмас қылыш.** көне. *Сапасы жоғары болаттан соғылған өткір де бағалы қылыш.* **Алмас өркеш**.

т ү й е ш а р. *Бірі мінер жаққа, екіншісі қамышылар жаққа жығылған өркеш.* **Алмас семсер**. *Өткір, қылпып тұрған семсер.* **Алмас тұяқ**. *Қатты, құрыш тұяқ.* **Алмас тілді**. *Өткір тілді, шешен сөзді, сөзі мірдің оғындай.* **Алмасын қанға суарды.** *Қырып жойды, қан жоса қылды.*

**АЛМАС**[2] з а т. **1.** х и м. *Хлорлы сынаптан жасалған, техникада және медицинада қолданылатын улы ақ ұнтақ.* **2.** *Ертеректе халық емшілігінде асқынған жара түрлері мен «жаман ауру» деп атаған қатерлі ісік түрлерін дауалауға қолданған сынап хлориді немесе сулема деп аталатын күшті химиялық зат, наркүміс.*

**АЛМАС**= е т. *Кезектесу, ауысу, бірінің орнын бірі басу, алма-кезектесу.*

**АЛМАСОҚ** ү с т. ж е р г. ***Алма-кезек***.

**АЛМАСТАЙ** с ы н. *Алмас сияқты, алмас тәрізді, өткір.*

**Алмастай өткір.** *Еш нәрседен тайсалмайтын, батыл.*

**АЛМАСТЫР**= е т. **1**. *Бір зат не құбылыстың орнына екіншісін алу, ауыстыру, орнына басқа зат қою.* **2**. ж е р г. *Басқа киім кию, киімін өзгерту не дүниесін өзгерту.* **3**. *Жаңалау.* **4**. *Өзгерту.* **5**. *Орнын басу, қызметін атқару.*

**АЛМАСТЫРҒЫШ** с ы н. **1**. *Белгілі бір ортақ қасиеттің нәтижесінде басқа бір затты ауыстырғыш.* **2**. *Қолындағы дүниені, затты жиі ауыстырушы.*

**АЛМАСТЫРУ** *Алмастыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір зат, не құбылысты басқасымен ауыстыру.* **2**. *Біреудің орнын басу, қызметін атқару.*

**АЛМАСТЫРЫЛ**= е т. *Ауыстырылу, бір зат, не құбылыс орнына басқа затты қою, беру.*

**АЛМАСУ**[1] з а т. л и н г в. <лат. alternatio> *Түрлі сөзформалардың құрамында кездесетін морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен басқа бір дыбысқа өзгеру құбылысы.*

**АЛМАСУ**[2] *Алмас етістігінің қимыл атауы.*

**Алмасу әсері**. ф и з. *Элементтер бөлшектердің координаторлары өзара алмасқанда олардың толқындық функцияларының симметриялық қасиетінен туатын әсер.* **Алмасу коэффициенті**. э к о н. *Белгілі бір өндіріс орнының нақты жұмыс тәртібін сипаттайтын көрсеткіш.* **Алмасу реакциясы**. х и м. *Қосылыстардағы атомдарды немесе атомдар тобын ауыстыру арқылы жүретін химиялық реакция.*

**АЛМАСШЫ** з а т. *Алмаспен әйнек кесуші.*

**АЛМАУЫТ** с ы н. *Үлкен, денелі, қайратты.*

**АЛМАҰРЫҚ** з а т. ж е р г. *Қауынның үлкені.*

**АЛМИСАҚ** [ар. الميثاق] ү с т. с ө й л. ***Әлмисақ***.

**АЛМҰРТ** з а т. ө с. <лат. pyrus> **1**. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын биіктігі 8-15 м жеміс ағашы.* **2**. *Алмұрт ағашының дөңгелек конус тәрізді, ірі, тәтті жемісі.*

**АЛМҰРТТАЙ** с ы н. *Алмұрт сияқты, алмұрт тәрізді.*

**АЛМҰРТТЫ** с ы н. *Алмұрты бар, алмұрты мол.*

**АЛМҰРТШӨПТЕР** з а т. б о т. <лат. pyrolaceoe> *Көпжылдық мәңгі жасыл шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**АЛОГИЗМ** [грек. a – болымсыздық жұрнағы, logos – ақыл] з а т. п е д. *Шындыққа жетудің құралы ретіндегі логикалық ойлауды теріске шығару; логикаға сезімді, интуицияны қарсы қою әдісі.*

**АЛОПЕЦИЯ** з а т. м е д. *Терінің белгілі жерінде шаштың, жүннің жаппай түсіп тақырлануы.*

**АЛОЭ** [лат. aloe] з а т. **1**. ө с. *Лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдік.* **2**. м е д. *Осы өсімдіктің шырынынан алынатын дәрі.*

**АЛӨКПЕ** з а т. в е т. <грек. pleura – бүйір, қабырға, pneumonia – өкпе қабынуы> **1.** *Көбіне сиыр малында кейде қой, ешкіде де ұшырасатын, ауру малдың өкпесі қанталап, көкірек қуысына сарысу толып кететін жұқпалы індет.* **2.** *Аттың қатты шабыстан дем жетпей, аласұрған күйі.*

**Алөкпе болды**. *Қызылтанау болды, алыпұшты.* **Алөкпе келгір**. қ а р ғ. *Алөкпе індетіне шалдық, алөкпемен ауыр деген мағынада айтылады.*

**АЛП** е л і к. к ө н е. *Ауыр, қорқынышты, қауіпті, маңызды жүрісті бейнелейтін көне тұлға.*

**АЛПАМСА** с ы н. *Үлкен, зор, дәу, аса ірі.*

**Алпамса денелі.** *Ірі, зор, үлкен.*

**АЛПАМСАДАЙ** с ы н. *Еңгезердей, зор денелі, алып тұлғалы, атпал.*

**Алпамсадай жігіт.** *Ірі, алып денелі, күш-қуаты мол, сенуге болатын жігіт.*

**АЛПАҢДА**= е т. *Кең адымдау.*

**АЛПАР** з а т. *Кеңістік, қойнау.*

**АЛПАРЫС** з а т. с ө й л. ***Арпалыс***.

**АЛПАРЫС**= е т. с ө й л. *Арпалыс (алысу, күресу).*

**АЛПАРЫСТЫР**= е т. *Алыстыру, жұлыстыру.*

**АЛПАУЫЗ** с ы н. с ө й л. **1**. *Жалмақай, ашкөз.* **2**. *Үлкен, абажадай.*

**АЛПАУЫТ**[1] с ы н. *Үлкен, зор денелі, ірі тұлғалы.*

**АЛПАУЫТ**[2] з а т. **1**. т а р. *Қолында билігі бар, атақты бай.* **2**. т а р. *Ірі жер иесі, феодал.* **3**. қ о ғ. -с а я с и. <грек. oligarchia> *Саяси және экономикалық билікке ықпалы бар, қолында ірі капитал шоғырланған аса ірі меншік иесі.*

**АЛПАУЫТТАЙ** с ы н. *Алпауыт сияқты, алпауыт тәрізді.*

**АЛПАУЫТТЫҚ** з а т. қ о ғ. -с а я с и. *Капиталистік, ірі меншіктілік.*

**АЛПЫ** с ы н. к ө н е. *Алып, зор тұлғалы.*

**АЛПЫС** с а н. **1**. *Алпыс бірліктен тұратын сан; 60 цифры мен санының атауы.* **2**. *Адамның алпыс жасы.*

**Алпыс алапан, тоқсан торала**. *Қыран құстың түр-түрі.* **Алпыс екі [алты] айлалы**. *Алуан түрлі құлығы бар, сан түрлі әдісі бар, өте айлалы.* **Алпыс екі айлалы [қу] түлкі.** ф о л ь к. *Қазақ ертегілері, аңыздарында аңның ішіндегі айлакері ретінде бейнеленген, бағалы терісі үшін ауланатын, табиғатында аңшыға өзін тез ұстатпайтын, ізін жасырып, шимайлап кететін ақылды аң.* **Алпыс екі тамыр [сала]**. *Адамның тұла бойындағы қан жүретін жолдың бәрі, жан сезімі.* **Алпыс екі тамыры иіді [босады]**. *Буынбуыны босады, иіді, көңілі жібіді, елжіреп, мейірі түсті.* **Алпыс екі тамырын [денесін, өне бойын] балқытты.** *Рақаттандырды, жан-дүниесін елжіретті, жан-дүниесін босатты.* **Алпыс екі тамырын қуалады.** *Өн бойына тарады, бүкіл денесіне жайылды.* **Алпыс күн атан болғанша….** *Көптің бірі болғанша, бірқалыпты жүре бергенше.* **Алпыстың асуы**. *Алпыстан асқан шақ.*

**АЛПЫСЖЫЛДЫҚ** з а т. *Ұзақтығы алпыс жыл болған кезең, уақыт кесіндісі.*

**АЛПЫ-СОЛПЫ** с ы н. ж е р г. ***Олпы-солпы***.

**АЛПЫ-СОЛПЫЛЫҚ** з а т. ж е р г. ***Олпы-солпылық***.

**АЛПЫСТЫҚ** с ы н. *Алпысқа тән. // Алпыс цифры жазылған зат.*

**Алпыстық бөлшек**. м а т. *Ондық бөлшектерден өзгеше бөлшек сандар.* **Алпыстық жүйе**. м а т. *60 санына негізделген сандардың математикалық жүйесі.*

**АЛПЫСЫНШЫ** с а н. *Алпыс санының реттік түрі.*

**АЛ-САЛ** ү с т. ж е р г. ***Дел-сал***.

**АЛСАРЫ** з а т. з о о л. с ө й л. ***Ақсары***.

**АЛСЫН** з а т. ж е р г. *Балауса, шапқан жерге қайта шыққан шөп.*

**АЛСЫНДА**= е т. *Шабылған шөптің жаңадан шығып келе жатуы.*

**АЛСЫНДЫ** с ы н. *Жаңа шығып келе жатқан шөбі бар.*

**АЛТАИЗМ** з а т. л и н г в. **1.** *Алтай тобындағы тілге тән сөз не тілдік құрылымның басқадай бөлігі.* **2.** *Алтай тілдерінен енген сөз.*

**АЛТАИСТ** з а т. л и н г в. *Алтай тілдерін зерттеуші.*

**АЛТАИСТИКА** з а т. л и н г в. *Алтай тіл білімі.*

**АЛТАЙ: Алтай арқары**. з о о л. <лат. ovis ammonammon Linnaeus> *Оңтүстік Алтайды мекендейтін, саны азайып кеткен, сирек кездесетін, Қазақстанда таралған жабайы тау қойының бір түрі.* **Алтай астрасы**. ө с. <лат. aster altaicus> *Биіктігі 10-60 см-дей, тік бұтақты, сабағының сыртын түк басқан, гүлі ақшыл көк түсті астра гүлдерінің көп тараған бір түрі.* **Алтай қасқыржидегі.** ө с. *Алтай өлкесінде өсетін өте сирек кездесетін көкендер тұқымдасына жататын өсімдік.* **Алтай рауғашы.** ө с. <лат. rheun altaicum> *Тарандар тұқымдасының рауғаш туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Алтай тілдері.** л и н г в. *Түп-төркіні, шығу тегі бір деп есептелетін, Алтай өлкесінен шығып тараған түркі, моңғол, тұңғыс, мәнжу (кейде корей, жапон) халықтарының тілдері [Алтай тілдері тобына, мәселен, жоғарыда аталған түркі тілдері, моңғол және тұңғыс-мәнжу топтарына енетін отыздан астам, бүгінде өз алдына жеке-дара қолданылатын дербес тілдер жатады].* **Алтай ұлары.** з о о л. <лат. tetraogallus altaicus> *Денесі ықшам, мойны қысқа, басы кішілеу, қауырсынының түсі сұр болып келетін, тау тәрізділер отряды, қырғауыл тұқымдасының өте сирек кездесетін түрі.*

**АЛТАЙЫ: Алтайы қызыл бөрік.** *Жүні салаланып өскен, қызыл реңкке енген Алтай түлкісінің терісінен немесе оның пұшпағымен жұрындалып жасалған маусымдық баскиім.* **Алтайы түлкі**. *Терісі бағалы қызылтүлкі.* **Алтайы түлкі тымақ.** *Дәстүрлі ортада жоғары бағаланатын Алтайы түлкінің терісінен жасалған қыстық баскиімнің атауы.*

**АЛТАЙЫДАЙ** с ы н. с ө й л. *Алтайы түлкідей.*

**АЛТАТАР** з а т. ә с к. *Қорабына алты оқ сиятын тапанша мылтық.*

**АЛТАУ** с а н. *Алты санының жинақтау түрі, жинақтық сан есім.*

**Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.** *Адамның ағайын туысы, отбасы, ел іші араз болса, ырыс-құты қашады, бақ-дәулеті болса, бақытқа кенеледі [«Алтау»: 1) үй-іші, 2) ағайын-туыс, 3) жора-жолдас, 4) жекжат-жұрағат, 5) ауыл-аймақ, 6) ел-жұрт. «Төртеу»: 1) атақ-абырой, 2) бақ-дәулет, 3) дабыр-дұбыр (бала-шаға), 4) денсаулық].*

**АЛТАЯҚ** з а т. ж е р г. *Керегесіз, уық пен шаңырақтан тұрғызылған үй.*

**АЛТЫ** сан. *Алты бірліктен тұратын, бестен кейінгі есептік сан; 6 цифрының атауы.*

**Алты ай жаз**. этн. *Үркер көрінбейтін сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек айлары жылдың жылы, жайлы мерзімі.* **Алты ай қыс**. этн. *Көне қазақ танымындағы Үркер жыл санауы бойынша Үркердің шығыстан көрініп, батысқа дейінгі қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз сияқты суық айлары.* **Алты ай қыс, алты ай жаз**. көне. этн. *Үркер жыл санауы бойынша Үркер көрінбейтін сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек сияқты жылы айлары мен Үркердің шығыстан көрініп, батысқа батқанға дейінгі қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз сияқты суық айлары; жыл бойы.* **Алты айлық**. *Алыс, ұзақ.* **Алты айналса**. *Жер дүниені кезсе, әлемді шарласа да.* **Алты айрықтан тер кетті**. *Тұла бойын тер басты, қара тер тұсті, әбден терледі, су болып, қара терге түсті.* **Алты айшылық жол [жер]**. *Ұзақ уақыт, бірнеше ай кететін жол, сапар.* **Алты аласы, бес бересі жоқ**. *Алыс-берісі жоқ, өткен-кеткені жоқ, ешбір қатысы, шаруасы жоқ.* **Алты алаш.** а) *Бүкіл ел, дүйім қазақ, жұрт.* ә) *Түркі тектес халық.* **Алты арыс**. *Алты атадан тараған ру, ұрпақ.* **Алты арыс алаш.** *Барша қазақ елі.* **Алты аспапты**. *Айласы асқан, жан-жақты.* **Алты аттады**. *Ұзақ жолды тез-ақ жүрді, тез жүріп өтті.* **Алты ауыз**. а) *Ынтымақ жоқ, бірлік жоқ, ала ауыз.* ә) *Өсек-аяң, ғайбат сөз.* **Алты ауыз [ауызды ала] болды**. *Бірінің сөзіне бірі көнбей араздасты, керісті, келіспеді, ымыраға келмеді, бастары қосылмады, бірікпеді.* **Алты ауыз сөз**. *Азын-аулақ, бірер сөз.* **Алты бақан ала ауыз**. *Қырғи қабақ араз, қырық пышақ.* **Алты батпан**. а) *Зілдей ауыр.* ә) *Ауыр, қиын.* **Алты көш алыс**. *Тым алыс, қашық.* **Алты күн.** діни. *Алла тағаланың он сегіз мың ғаламды жаратқан уақыты.* **Алты қабат**. сөйл. *Алты рет.* **Алты қабат ала арқан**. экспр. *Ақ, қара қылдан алты қабат етіп ескен арқан.* **Алты қанат ақ орда**. а) этн. *Алты керегелі, еңселі, биік, бай, төрелердің үйі.* ә) *Еңселі үй.* **Алты қанат үй [орда].** *Алты бөлек керегеден құралатын киіз үй.* **Алты қарыс ақ болат.** фольк. *Өткір, мықты семсер.* **Алты құлаш ақ найза [алмас қылыш]**. экспр. *Батырлар ұстайтын аса ұзын қарудың түрі.* **Алты құлаш ала арқан**. экспр. *Ұзын, мықты арқан.* **Алты құлаш ала ат**. экспр. *Ірі, есік пен төрдей мықты ат.* **Алты қырдың астында [аржағында, асты]**. *Алыста, қашық жерде.* **Алты қырдың астынан.** *Алыс жерден, қашықтан.* **Алты қырлы ақ жебе**. *Оғының қыры алты жебе.* **Алты қырлы мылтық**. көне. *Оқпанының қыры алтыдан тұратын көне мылтық түрі.* **Алты қырлы сүңгі**. көне. *Ауыр қарулы әскер жарақтандырылатын, жебесі алтықырлы найза, қарудың түрі.* **Алты малта ас қылды**. *Қиыншылық күнтуып, жартымсыз, мардымсыз тамаққа көніп деген мағынада айтылатын, ақын-жыраулар поэзиясында кездесетін тұрақты тіркес.* **Алты мезгіл**. этн. *Таң қараңғысы, таң, сәске, түс, кеш, түн.* **Алты мүше**. *Екі көз, екі аяқ, екі қол.* **Алты мың набатат.** діни. *Мұсылман діні аңызы бойынша, Алла тағала о баста жерде жаратқан өсімдік түрлерінің жалпы саны [Алла тағала жаратқан он сегіз мың ғаламның бір бөлігі, алты мыңы – мақлұқат (жануарлар әлемі, алты мыңы – жамиғат ұлт, ұлыстар) болған деседі].* **Алты рулы [арыс] алаш**. *Алты сан алаш.* **Алты сан алаш**. тар. *Алаш қауымына кірген ірі-ірі алты тайпаның атына байланысты қалыптасқан атау, көп алаш, көп ел, халық.* **Алты табан**. ойын. жерг. *Асық ойынының бір түрі.* **Алты тарам**. *Көп, ағыл-тегіл, сай-сала.* **Алты тарап**. *Бөлік-бөлік, тарам-тарам.* **Алты таспа жалпақ өрім**. *Алтау етіп тілінген таспадан жалпақ айыл тәрізді етіп өрім өру әдісінің атауы.*

**АЛТЫ-АЛТЫДАН** сан. *Алты санының топтық түрі.*

**АЛТЫАЯҚ** зат. әдеб. *Әр шумағы алты жолдан түзілетін, қазақ поэзиясында Абай Құнанбаев енгізген шумақ түрі.*

**АЛТЫАЯҚТЫ** сын. әдеб. *Алты жолды шумағы бар.*

**АЛТЫБАҚАН** зат. көне. этн. **1**. *Алтыбақанды сырықтың екі басына үш-үштен қосақтап байлап, оның екі басынан бір деңгейде жіберілген екі арқанға екі адам қарама қарсы отырып, төменірек (50 см) жіберілген арқанға аяқтарын тіреп тербетілетін әткеншек, қазақтың ұлттық ойыны.* **2**. аyыс. *Жастардың кешқұрым алтыбақан маңайына жиналып, алтыбақан теуіп, екі жақ болып бөлініп өткізетін кешкі сауығы.*

**Алтыбақан тепті**. *Алтыбақанға отырып, тербетілді.*

**АЛТЫБАСАР** зат. *Таспа өрудің бір түрі.*

**АЛТЫБУЫНДЫ: алтыбуынды өлең.** әдеб. *Әр тармағы үш буынды екі бунақтан құралатын (3 буын-3 буын) өлең өлшемі.*

**АЛТЫ-ЖЕТІ** сан. *Алты не жетіні білдіретін болжалдық сан.*

**АЛТЫҚ=** ет. жерг. ***Алқыну***.

**АЛТЫҚАНА** зат. жерг. *Алабота тәрізді өсімдік.*

**АЛТЫЛЫҚ** зат. **1**. *Карта ойынындағы бестен кейінгі реттік карта.* **2**. *Карта ойынының аты.*

**АЛТЫН** зат. хим. <лат. aurum> **1**. *Аса құнды, бағалы, созылғыш, әдемі сары түсті жұмсақ металл.* **2**. көне. *Алтыннан жасалған ақша, алтын теңге.* **3**. сөйл. *Осы металдан жасалған зергерлік бұйымдардың жалпы атауы.* **4**. сөйл. *Алтын медаль. // Қымбатты, сүйікті, құрметті, бағалы (зат).*

**Алтын айдар**. а) миф. *Баланың іштен туғанда айрықша жарқырап көрінетін төбе шашы, ерекше қасиетін көрсететін нышаны.* ә) *Сүйекті, таңдаулы (ұл-қыз).* б) поэт. *Әдемілік, сұлулық үшін қойылған төбе шаш.* **Алтын айдар, қалам қас**. фольк. *Ауыз әдебиетінде кездесетін кейіпкерлерді суреттеу дәстүрі, сұлулық өлшемі (эталоны).* **Алтын алқа**. *Алтыннан жасалған алқа; алтыннан соғылған, алтын жалатылған өңір жиек.* **Алтын арай**. экспр. а) *Таң атар, күн батар шақтағы күннің сәулесі, күннің нұры, шапағы. // Жарқыраған, жалт-жұлт еткен.* ә) *Бақытты, қуанышты.* **Алтын астық**. поэт. *Дәнді дақыл.* **Алтын асық**. муз. *Жасанды дыбысты (фальш) жою үшін көне домбырашылардың ойлап тапқан амалы.* **Алтын асықтай**. *Әп-әдемі, сүйкімді, ықшам ғана.* **Алтын балдақ**. а) *Алтыннан, күмістен жасалған көзі жоқ сақина.* ә) *Қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын алтын сақина, шығыршық.* б) көне. *Ерте кездегі жоғары дәрежелі ел билеушілердің қолына ұстайтын таяғының алтын тұтқасы.* в) *Алтынмен әшекейлеп жасаған, қолға ұстайтын таяқтың өзі.* **Алтын балық**. а) миф. *Қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін, тілегіңді орындайтын ғажайып балық.* ә) *Аквариумда өсірілетін декоративті балық түрі.* **Алтын бас**. поэт. *Құрметті, сыйлы, қадірлі адам.* **Алтын басты еркек.** *Ер азамат, нағыз жігіт.* **Алтын белбеу.** этн. сөйл. *Зер белбеу.* **Алтын бергек.** а) *Алтыннан жасалған әйелдердің баскиімі, әшекейі.* ә) *Қымбат бағалы баскиім.* **Алтын бесік**. экспр. а) *Туып-өскен орта, кір жуып, кіндік кескен жер, ел іші.* ә) *Аңыз бойынша, Қоқан хандарының қадірлі бір бабасы.* **Алтын босаға**. а) *Туған үйі, ержеткен, бойжеткен үйі.* ә) *Ақ босаға, отбасы.* **Алтын бұтақ [терек].** *Қасиетті, киелі ағаш деген мағынада.* **Алтын білезік.** зерг. *Алтыннан жасалған білекке салатын әшекей.* **Алтын ғасыр.** поэт. *Халықтың, елдің жағдайын, тұрмысын, мәдениетін, ғылымын жаңа деңгейге көтерген, жақсы заман әкелген, шаттық дәуір, гүлденген кезең.* **Алтын дала.** поэт. *Аса қымбат, қадірлі, қастерлі жер.* **Алтын дән**. поэт. *Астық, егін.* **Алтынды мыстан айырған**. *Жақсы мен жаманды ажырата білген.* **Алтын ердің қасы**. *Қадірлі, қымбатты адам, елі бағалаған азамат.* **Алтын еріту**. *Алтынды қоспасынан айыру үшін немесе бұйымды алтынмен аптау не алтын жалату үшін алтынды отқа балқытып, сұйық күйге келтіру.* **Алтын жақты айбалта**. көне. экспр. *Екі жағына алтын жалатылған кішкене балта.* **Алтын жалатқан**. *Іші басқа металл, не басқа материалдан алынып, сыртын жұқа алтын қабатымен қаптаған.* **Алтын жамбы [қабақ]**. а) *Әртүрлі формадағы алтын құймасы; құйма алтын.* ә) көне. *Той-думанда, мергендік сынасатын ойында нысана етіп тігілетін күміс ақша.* б) көне. *Жүлдеге күміс ақша тігіліп, мергендік сынасатын ойын, той-думан.* **Алтын жапты**. зерг. *Заттың бетін түгелдей алтынмен көмкерді, алтындады.* **Алтын жұлдыз**. *Кеңес өкіметі кезінде майданда көрсеткен ерлігімен, Отанға сіңірген еңбегімен айрықша көзге түскен адамдарға үкімет тарапынан берілетін ең жоғары орден.* **Алтын жүген**. қолөнер. *Алтын шытаралармен сәндеп жасаған жүген.* **Алтын жүзік.** *Алтыннан соғылған жүзік.* **Алтын жүлде**. *Белгілі бір қызмет саласындағы ерекше еңбегі үшін ақшалай не бағалы заттай берілетін ең жоғары бәйге, сыйлық, награда.* **Алтын жыға**. *Патша, хан басына, баскиіміне қадайтын билік белгісі.* **Алтын жіп**. *Алтынды жұмырлап, қалыптан өткізіп алған жіңішке сым, алтыннан жасалған талшық, сым.* **Алтын жіппен тігу.** кәс. *Алтындап тігу, зерлеп әшекейлеу.* **Алтын зер**. *Өрілген, тоқылған алтын талшықтары және сол талшықтарды араластырып тоқыған әртүрлі көлемдегі материал; алтын оқа.* **Алтын зерлі**. *Алтындалған, алтынмен апталған.* **Алтын иек**. поэт. *Әдемі, сұлу иек.* **Алтын иық төре**. *Патша заманындағы шен-шекпенді әкім, патшалық дәреже иелері.* **Алтын кездік**. *Алтын жалатылған, алтыннан соққан кездік.* **Алтын кені**. а) *Алтын табылған орын.* ә) *Таусылмас байлық, рухани игілік.* **Алтын көпір**. бейн. *Екі аралықты, екі жақты жалғастырушы, ұластырушы.* **Алтын күз**. поэт. *Әртүрлі өсімдіктердің жапырақтары сарғая бастаған кез, сары ала күз.* **Алтын күн**. поэт. *Күн.* **Алтын күрек**. *Көктемнің қыстан қалған тоңды жібітіп, қарды еритетін жылы желі.* **Алтын кірпік.** экспр. *Кірпігі аса көркем, тым сұлу.* **Алтын кірпікті**. экспр. *Нұр шапақты, сәуле шашқан.* **Алтын кітап**. қоғ.-саяси. *Еңбек озаттарын және ғылым, өнер, мәдениет т.б. салаларда зор табысқа жеткен адамдарды тіркеп көрсететін Құрмет кітабы.* **Алтын қазық**. а) *Ақыл сұрар ақсақал, беделді адам, сүйеніш, таяныш.* ә) *Айналасынан ұзап кете алмас тұрақ; мықты тірек.* **Алтын қазына**. *Бағалы, аса құнды материал, рухани игілік.* **Алтын қанат**. поэт. *Керемет, самғағыш қанат.* **Алтын қоңырау**. *Шашбауға, көш бастайтын түйеге, жүйрік аттың мойнына, бесікке т.б. тағылатын алтыннан жасалған не алтынмен апталған қоңырау.* **Алтын қор**. а) *Құйылған немесе монета түріндегі бағалы металдардың мемлекеттік қоры.* ә) *Ел, мемлекет үшін аса бағалы, рухани құндылық, таңдаулы, ерекше рухани мұрағат.*

**Алтын Қыран ордені.** *Қазақстан Республикасындағы ең жоғары дәрежелі орден.* **Алтын медаль.** а) *Орта мектепті үздік бітірген оқушыларға мемлекет тарапынан берілетін үздік жүлде белгісі.* ә) *Сіңірген еңбегі үшін берілетін ресми марапаттау белгісі.* б) *Спорттық жарыстарда үздік шыққан спортшыға не спорт командасына берілетін үш жүлденің біріншісі.* в) *Өндіріс, өнер салалары бойынша өткізілетін жарыстардың I жеңімпазына берілетін алтыннан жасалған, не алтын жалатқан, не алтын қосылған медаль.* **Алтынмен аптап, күміспен күптеді.** а) *Алтын-күміс жалатты, сән-салтанатқа бөледі, құлпыртты, жайнатты.* ә) *Бар жағдайын жасап, күтті, асырап, тәрбиеледі.* **Алтынмен аптау.** *Зергерлердің күміс бетіне алтын жалатып, әшекейлеу тәсілі.* **Алтынмен булау.** *Сынаппен араластырылған алтын ұнтағын күміс бетіне сеуіп, отқа қыздырғанда будың бөлініп, алтынның берік жабысып қалуы, алтынның буына ұстау.* **Алтынмен тең.** *Алтынға пара-пар, құны алтынмен бірдей, қымбат.* **Алтынмен шекті.** *Алтын жіппен кестелеп, өрнек салып тікті.* **Алтын монет.** *Алтын қосылған, не алтыннан құйылған тиын, монета.* **Алтыннан құнды.** *Аса бағалы, тым қымбат.* **Алтыннан ойған алпыс кез жебе.** экспр. *Алтын ұстатқан әдемі, ұзын жебе.* **Алтынның [сары алтынның] буы.** поэт. *Алтын ұстатқандай, келісті, әсем, сұлу.* **Алтынның сынығы.** *Жақсының артында қалған тұяғы, ұрпағы, жақсының көзі.* **Алтын орақ.** поэт. *Астық піскен шақ, орақтың дер кезі.* **Алтын отау.** этн. *Тоғыздың құрамындағы бас жақсысының бірі.* **Алтын сағақ.** экспр. *Әдемі, сұлу сағақ.* **Алтын сақа.** *Құлжаның алтынмен әшекейленген аса таңдаулы асығы.* **Алтын сандық.** поэт. *Шежіре, таусылмас даналық, шешендік.* **Алтын сапты.** *Сабы алтыннан жасалған.* **Алтын сапты қылыштай.** бейн. *Асыл, қымбат, бағалы.* **Алтын сары.** бейн. *Сары алтындай әдемі қыз.* **Алтын сәт.** поэт. *Есте қалатын ерекше қуанышты, табысты, жеңісті т.б. мезет.* **Алтын сәуле.** поэт. *Жап-жарық, жан-жағына таралып, шашыраған әсем нұр.* **Алтын табақ.** поэт. бейн. *Батардағы күн.* **Алтын тақ.** а) *Патша отыратын, алтыннан істелген, не алтын жалатылған биіктеу орналасқан тақ.* ә) поэт. *Тақ, ұзақ билік.* б) *Билік, лауазымды қызмет.* в) *Өз билігі өзінде болатын туған жер, жаннат.* **Алтын тана.** *Омырауға, баскиімге тағатын түйме сияқты алтын әшекей.* **Алтын таң.** поэт. *Қызыл арайлы таң.* **Алтын тапқандай қуанды [масаттанды].** *Қатты қуанды, шектен шыға шаттанды.* **Алтын тәж.** *Патшалықтың белгісін білдіретін, алтыннан жасалған тәж.* **Алтын тәж киді.** *Басына бақ қонды; билік құрды.* **Алтын тон.** экспр. *Әшекейлі, әдемі тон.* **Алтын уақыт.** *Адамның өзіне ғана тиісті, жеке, құнды уақыты.* **Алтын фиксингі.** қаржы. *Англия (Лондон) банкіндегі алтынға дилерлердің күніге екі рет тағайындайтын бағасы.* **Алтын шаңырақ.** бейн. *Отан, туған жер.* **Алтын шапақ.** поэт. *Күн сәулесі.* **Алтын шапты.** *Ағаштан, сүйектен, былғарыдан жасалған ыдыс-аяқ, үй жиһаздарымен ер-тұрман жабдықтарының, домбыраның бет жағына алтын шытыралар қондырып, әшекейледі.* **Алтын шашбау.** *Алтынмен апталған немесе таза алтынның өзінен дайындалған, шашқа тағатын сәндік бұйым.* **Алтын [алтын буымен] шаю.** а) *Алтынды өзге қоспалардан, құмнан тазарту үшін сумен шайқап, тазалау.* ә) жерг. *Алтын жалату, аз-аздап алтын жағу.* **Алтын шеттеуік.** *Күнбағыстың дәнінің айналасына шыққан сары дәнді қылтанақ.* **Алтын шоқ.** *Баскиімге тағатын алтын әшекей; асыл тасты алтын әшекей.* **Алтын шуақ.** *Алтындай жарқырап төгілген күн сәулесі.*

**АЛТЫНАҒАШ** зат. өс. *Жапырақтары алтындай жалтыраған, сары дақтары болатын, биіктігі 2 м-ге дейін жететін, әсем жапырақтары үшін өсірілетін үй өсімдігі.*

**АЛТЫНБАС** зат. өс. *Солтүстік облыстарда кездесетін, гүлі алтындай сары өсімдік; ұшқылтанның бір түрі.*

**АЛТЫН-ВАЛЮТА** зат. экон. *Мемлекеттік ұлттық банкі мен қаржы органдарында сақталатын алтын және шетелдік валюта қоры.*

**АЛТЫНГҮЛ**[1] зат. өс. *Биіктігі 10-50 см-дей, негізінен тың және тыңайған жерлерде өсетін жанаргүлдің бір түрі.*

**АЛТЫНГҮЛ**[2] зат. өс. *Су лалагүлі.*

**АЛТЫНДА**= ет. **1**. *Алтын жалату, алтын қосу, алтынмен жабу, аптау.* **2**. ауыс. *Күннің алтын шапағына малыну.*

**Алтындап тігу.** кәс. *Сән-салтанаттық киімдерді алтын жіптермен тігіп кестелеу, әшекейлеу.*

**АЛТЫНДАЙ** сын. **1**. *Алтын сияқты, алтын тәрізді.* **2**. ауыс. *Бағалы, қымбат, асыл. // Алтын түрінде, алтын күйінде.*

**Алтындай [сап алтындай, сары алтындай] сақтады.** *Ардақтап ұстады, қадір тұтты, қастерлеп қорғады.* **Алтындай шайып, күмістей еледі.** *Барынша қадірлеп, қастерледі.*

**АЛТЫНДАЛ**= ет. *Алтын жалатылу, жағылу.*

**АЛТЫНДАЛУ** *Алтындал етістігінің қимыл атауы.*

**АЛТЫНДАН**= ет. бейн. *Сары түске ену.*

**АЛТЫНДАТ**= ет. *Алтын салдырту, алтыннан қаптату.*

**АЛТЫНДАТУ** *Алтындат етістігінің қимыл атауы.*

**АЛТЫНДАТЫЛ**= ет. ***Алтындал.***

**АЛТЫНДАУ** *Алтында етістігінің қимыл атауы.*

**АЛТЫНДЫ** сын. *Алтындаған, алтын жалатқан.*

**АЛТЫНДЫҚ**[1] зат. *Алтын өндіретін орын, алтын табылған жер.*

**АЛТЫНДЫҚ**[2] сын. **1**. *Алтынға тән, қасиеті алтын сияқты.* **2**. ауыс. *Сырт пішін келістілігі, жылтырақтық.*

**АЛТЫНКӨЗ** зат. зоол. *Араван тәрізділер отрядының айкөз балықтар тұқымдасына жататын балық.*

**АЛТЫН-КҮМІС** зат. **1**. *Алтын мен күміс немесе солардан жасалған асыл заттар.* **2**. ауыс. *Асыл, қымбат киім.*

**АЛТЫНҚАБАҚ** зат. этн. ойын. *Жамбы ату сайысына ұқсас, биік құрықтардың ұшына тізіп ілінген алтын, күміс теңгелер т.б. заттарды садақпен атып жарысатын ұлттық ойынның түрі.*

**АЛТЫНСАРЫ** зат. өс. *Таулы аймақтың альпілік, субальпілік деңгейлерінде өсетін, биіктігі 10-20 м-дей, сабағы жіңішке, сидам, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**АЛТЫНТАМЫР** зат. өс. сөйл. <лат. rhodiola rosea> ***Қызғылт семізот.***

**АЛТЫНТОЙ** зат. *Елу жыл отасқан ерлі-зайыптылардың салтанатты тойы, елужылдықты мерекелеу салты.*

**АЛТЫНШАПАҚ** зат. өс. *Әсемдік үшін қолдан өсіретін мәдени гүл.*

**АЛТЫНШАР** зат. өс. <лат. rudbeckia laciniata> *Күрделігүлділер тұқымдасы рудбекия туысына жататын, көбінесе гүлдері сарғыш түсті болып келетін өсімдік түрі.*

**АЛТЫНШЫ**[1] зат. зерг. *Көбіне алтыннан зергерлік бұйымдар жасайтын ұста, зергер.*

**АЛТЫНШЫ**[2] сан. *Алты санының реттік түрі.*

**АЛТЫНШЫБЫҚ** зат. өс. сөйл. ***Сары раушан.***

**АЛТЫНШЫЛ** сын. *Алтынға құмар, алтынға әуес.*

**АЛТЫНЫМ** зат. эмоц. *Ең сүйікті, қадірлі, құрметті, қимас адам дегенді білдіретін атауыш сөз.*

**АЛТЫН-ІНЖУ** зат. *Алтын мен інжуі аралас.*

**АЛУ**[1] зат. мат. **1**. *Арифметикадағы санды азайту амалы.* **2**. *Алу амалын белгілейтін таңба.*

**АЛУ**[2] *Ал етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір нәрсеге ие болу, меншіктеу.* **2**. *Пайда түсіру, кіріс кіргізу.*

**АЛУА** [ар. حلوى] зат. көне. *Шығыстың тәтті тағамы.*

**Алуа секер.** сөйл. *Халуа, шекер.*

**АЛУАН** [ир. ألوان] сын. *Түрлі-түрлі, неше түрлі, әртүрлі, неше қилы.*

**Алуан қилы.** *Әртүрлі, әр алуан.* **Алуан түрлі.** *Бір-біріне ұқсамайтын, сан қилы.*

**АЛУАН-АЛУАН** сын. *Түрлі-түрлі, қилы-қилы.*

**Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады.** *Әркім өз шамасына қарайды, хал-қадерінше қимылдайды.*

**АЛУАНДАС** сын. *Тектес, шамалас, ұқсас.*

**АЛУАПӘРУШ** зат. *Алуа сатушы.*

**АЛУА-ШЕКЕР** [ар.+ир. حلوى شکر] зат. *Алуа және шекер.*

**АЛУ-ДАЛУ** сын. жерг. ***Алба-жұлба.***

**АЛУЛЫ** сын. *Алынған, алынып тасталған.*

**АЛУНД** [ағыл. alundum] зат. хим. *Алюминий өндірілетін боксит рудаларын немесе алюмосиликаттарды электр пеште қыздыру арқылы алынатын алюминий тотығы.*

**АЛУНИТ** [франц. alunite] зат. геол. *Күрделі сульфаттар класына жататын минерал.*

**АЛУШЫ** зат. *Затты, нәрсені алатын адам.*

**АЛФАВИТ** [грек. alphabetos, грек алфавитіндегі альфа және бета сөздерінің алғашқы екі әрпінің қосындысынан шыққан] зат. **1**. лингв. ***Әліпби.*** **2**. инф. *Бағдарламалау тілінде қолданылатын шартты белгілердің жиынтығы.*

**АЛФАВИТСІЗ** сын. сөйл. **1**. *Алфавиті жоқ.* **2**. *Алфавит тәртібі сақталмаған, алфавиттік реті жоқ.*

**АЛФАВИТТІК** сын. *Алфавитке тән.*

**АЛФЕНОЛ** зат. кен. *Темірдің аллюминий мен магнитті жұмсақ қорытпасы.*

**АЛХАМ** зат. діни. ***Әлхам.***

**АЛХАМДУЛЛАҺИ** од. діни. сөйл. ***Әлхамдилла.***

**АЛХИМИК** зат. сөйл. ***Алхимияшыл.***

**АЛХИМИЯ** [лат. alchimia] зат. *Табиғатта жоқ, қиялдағы тас арқылы жай металды құнды металға айналдыруды көксеген орта ғасырдағы ізденіс.*

**АЛХИМИЯЛЫҚ** сын. *Алхимияға тән.*

**АЛХИМИЯШЫЛДАР** зат. *Алхимияны жақтаушы, алхимиямен шұғылданушы.*

**АЛХОРЫ** зат. өс. <лат. prunus> **1**. *Оңтүстік аймақтарда өсетін, раушан гүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.* **2**. *Осы ағаштың ірі сүйекті жемісі.*

**АЛША** [ир. الوچه] зат. өс. <лат. prunus divaricata> **1**. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, жемісі сүйекті ағаш не бұталы өсімдік.* **2**. *Осы ағаштың сары және қызыл түсті, дәмі қышқылдау болып келетін жемісі.*

**АЛШАЙ**= ет. **1**. *Аяқтың арасын жақындастырмау, жақын жуыстырмау, алшақ ұстау.* **2**. ауыс. *Алыстап кету, қашықтап кету.* **3**. ауыс. *Еркін, еш қысылыссыз, қысылып-қымтырылмау.* **4**. ауыс. *Көңіл қалысу, суысу, реңжісу.*

**АЛШАЙТ**= е т. **1**. *Аяқтың арасын жақындастыртпау, талтайту*. **2**. *Бас киімін шалқайтып кию, маңғаздану, менсінбеу*. **3**. *Араздастыру, араларын ашу*.

**АЛШАҚ** с ы н. **1**. *Алыс, шалғай; жақын емес*. **2**. *Арасы алшайған, ажыраған; талтайған*. **3**. *Бөлек, жеке*. **4**. *Кең, шалқақ*. **5**. а у ы с. *Араз, қырғиқабақ; тату емес*. **6**. а у ы с. *Үйлесімсіз, жанасымсыз, қабыспайтын*.

**Алшақ [аяғын алшақ] басты**. *Тартынбай емін-еркін жүрді, ештеңеден қаймықпады, қысылып-қымтырылмады*. **Алшақ кеуде.** *Ірі бұқаның сипаты*. **Алшақ мүйіз**. *Мүйізінің арасы кең*.

**АЛШАҚ-АЛШАҚ** с ы н. *Қашық-қашық, алыс-алыс; арасы тіпті жақын емес*.

**АЛШАҚТА** ү с т. *Алыста, қашықта; жақын арада емес*.

**АЛШАҚТА**= е т. **1**. *Алыстау, қашық тарту*. **2**. *Алшаңдау, ойқастау*.

**АЛШАҚТАН**= е т. *Қашықтау, алыстау*.

**АЛШАҚТАТ**= е т. **1**. *Қашықтату, алыстату, жақындатпау*. **2**. *Алшаңдату, ойқастату*.

**АЛШАҚТАТУ** *Алшақтат етістігінің қимыл атауы*.

**АЛШАҚТАУ** *Алшақта етістігінің қимыл атауы*. **1**. *Алыстау, қашық тарту*. **2**. *Арасы ажырау, бөлектену, бөліну*.

**АЛШАҚТЫҚ** з а т. **1**. *Қашықтық, жақын еместік*. **2**. а у ы с. *Жарасымсыздық, үйлесімсіздік, кереғарлық*.

**АЛШАЛҒЫ** з а т. с ө й л. *Алжапқыш, белдемше*.

**АЛШАЛҒЫШ** з а т. ж е р г. *Алжапқыш, белдемше*.

**АЛШАҢ** е л і к. *Кең адымдап, аяқты маңғаздана басқан жүрісті бейнелейтін сөз*.

**Алшаң басты**. а) *Кең адымдады*. ә) *Ештемеден тартынбай, еркін жүрді, қаймықпады*. б) *Кеудесін көтерді, кердең жүрді*.

**АЛШАҢ-АЛШАҢ** е л і к. *Аяқты алшаң тастап тым еркін, қаймықпай басқан жүрісті бейнелейтін сөз*.

**Алшаң-алшаң басты**. *Тым еркін жүрді, ешкімнен қаймықпады, тартынбады*. **Алшаң-алшаң жүргізді.** *Тайраңдатты, дандайсытты*.

**АЛШАҢДА**= е т. **1**. *Кең адымдау, адымын керіңкірей жүру*. **2**. *Ойқастау, ойнақшу*. **3**. а у ы с. *Ешкімнен қаймықпай, ештеңеден тартынбай еркін болу*. **4**. а у ы с. *Кердеңдеу, паңсыну*.

**АЛШАҢДАТ**= е т. **1**. *Кең адымдатып жүру*. **2**. *Ойқастату, ойнақшыту*.

**АЛШАӨРІК** з а т. ө с. *Алша мен қараөрікті бір-біріне телуден шыққан будан*.

**АЛШАҢДАУ** *Алшаңда етістігінің қимыл атауы; кердеңдеу, паңсыну*.

**АЛШИ**= е т. с ө й л. ***Алшай***.

**АЛШИЮ** *Алши етістігінің қимыл атауы*.

**АЛШЫ** з а т. э т н. *Асық, сақаның иірген кезде бір жағына қисаюы, асық тәйкесінің қарсы жағы*.

**Алшы [алшысынан] түскен сақадай [асықтай]**. *Нық тұру, орнықты тұру*. **Алшысынан түсті**. *Омақаса жығылды, жеңілді; бүк түспеді*.

**АЛШЫН** з а т. **1**. *Шөбі шабылған, оты тозған жерге сол жылы қайтадан шыққан шөп; шиен*. **2**. ж е р г. *Көл жағасындағы шөбі шабылған жерге қайтадан шыққан шөп*.

**АЛШЫНДАЙ** с ы н. *Алшын сияқты, алшын тәрізді*.

**АЛШЫНДЫ** с ы н. *Алшын өскен, алшын шөбі бар*.

**АЛШЫСЫНАН** ү с т. *Тіктеп, тікірейтіп*.

**АЛЫҚ** з а т. **1**. *Жауласқан екі жақтың жеңгені жеңілгенінен алатын алым; мал, мүлік, ақша*. **2**. з а т. ж е р г. ***Аласы***.

**АЛЫҚ-БЕРІК** з а т. с ө й л. ***Алым-берім***.

**АЛЫҚ-САЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Алым-салық***.

**АЛЫМ**[1] з а т. с ө й л. ***Ғалым***.

**АЛЫМ**[2] з а т. **1**. т а р. *Ерте кездерде жеңілген, тәуелді болған жақтан немесе өзіне бағыныштылардан үстем болған жақтың алатын салық түрі*. **2**. т а р. <ор. оброк> *Ресейде 1861 жылға дейін шаруалардан мемлекет немесе ірі жер иеленушілер тарапынан ақшалай немесе заттай алынған рентаның бір түрі*. **3**. т а р. *Ертеректе қазақ қоғамында ақшалай немесе заттай алынған салық*. **4**. қ а р ж ы. *Түрлі мақсаттар үшін жиналатын төлемнің түрі*. **5**. *Аласы, алатын нәрсе*. **6**. *Біреуге жасырын түрде берілетін сыйақы; пара*.

**Алым алды**. а) *Салық алды*. ә) *Бәйге, жүлде алды*. **Алым жинау**. *Салық жинау*. **Алым тартқызу**. *Салық салу*.

**АЛЫМ**[3] з а т. м а т. *Математикалық бөлшектің бір мүшесі, алынатын сан*.

**АЛЫМ-БЕРІМ**[1] з а т. *Біреулермен зат алысып, зат берісіп тұратын ілік-шатыстық, қарым-қатынас*.

**Алым-берім істеді**. *Тырысып-тырманды, әрекет қылды*.

**АЛЫМ-БЕРІМ**[2] с ы н. *Орташа ғана, мақтаулы емес, құбатөбел*.

**АЛЫМДЫ** с ы н. **1**. *Қайратты, қарымды, күшті, әлді, қуатты*. **2**. *Қамтуы мол, мол қамтитын*. **3**. а у ы с. *Келелі, назар аударарлықтай, көңіл бөлерліктей*. **4**. а у ы с. *Ұшқыр ойлы*.

**АЛЫМДЫЛЫҚ** з а т. **1**. *Белгілі бір заттың қамту аясының кеңдігі*. **2**. а у ы с. *Қарымдылық; құлашының кеңдігі*.

**АЛЫМ-ЖЕМ** з а т. *Алатын, жейтін нәрселер*.

**АЛЫМ-ЖҰЛЫМ** с ы н. *Алба-жұлба, өрім-өрім, жыртық-жыртық*.

**АЛЫМ-ҚАЗЫНА** з а т. *Қазынаға құю үшін жиналатын салық*.

**АЛЫМҚОР** с ы н. с ө й л. *Парақор, жемқор*.

**АЛЫМҚОРЛЫҚ** з а т. *Парақорлық, алым алғыштық, жемқорлық*.

**АЛЫМПАЗ** с ы н. *Тойымсыз, нысапсыз, жемқор*.

**АЛЫМСАҚ** з а т. *Алуға тиісті, алашақ адам, сатып алушы*.

**АЛЫМ-САЛҒЫРТ** з а т. с ө й л. ***Алым-салық***.

**АЛЫМ-САЛЫҚ** з а т. *Алынатын салық түрлерінің жиынтығы*.

**АЛЫМ-САЛЫҚСЫЗ** с ы н. *Алым-салық салынбаған, алым-салығы жоқ*.

**АЛЫМ-САЛЫМ**[1] з а т. ***Алым-салық.***

**АЛЫМ-САЛЫМ**[2] с ы н. *Салдыр-салақ, алқам-салқам, қалай болса солай*.

**АЛЫМ-САТЫҚ** з а т. *Алып-сатарлық, сауда-саттық*.

**АЛЫМСЫН**= е т. *Менсінбеу, кем санау*.

**АЛЫМШЫ** з а т. *Алушы, алым жинаушы*.

**АЛЫМ-ШЫҒЫН** з а т. *Салық пен төлем жиынтығы*.

**АЛЫМЫР** с ы н. с ө й л. *Алғыш, алуға бейім, икемді, ашкөз*.

**АЛЫН**= е т. **1**. *Жиналу, терілу*. **2**. *Өзіне қаратылу, бағындырылу*. **3**. *Белгілі бір ұйымға т.б. қабылдану; әскер қатарына шақырылу*. **4**. *Тұрған жерінен, орнынан қозғалу, әкетілу, жылжытылу*. **5**. *Берілген, көрсетілгеннен көшірілу, қайталану*. **6**. *Шаш, сақал-мұрт, тырнақ т.б. заттардың артығының қырқылып, кесіп тасталуы*.

**Алынбаған енші.** б е й н. *Өтелмеген парыз*. **Алынбай жүрген кек, тимей жүрген есе.** *Қарымтасы қайтпай, өтеуі түгелденбей жүрген орай*.

**АЛЫНДЫР**= е т. *Әкелдіру, жеткізілу, қойдырылу*.

**АЛЫНУ** *Алын етістігінің қимыл атауы*. **1**. *Жиналу, терілу*. **2**. *Белгілі бір ұйымға қабылдану, әскер қатарына шақырылу*. **3**. *Қызмет орнынан босатылу*.

**АЛЫНШЫ** з а т. к ө н е. *Пара алушы, алым-салық алып, ел үстінен күн көруші*.

**АЛЫП**[1] з а т. к ө н е. *Түркі-оғыз заманынан бері батырлардың, хан-сұлтандардың, қолбасшы ерлердің есіміне қосылып айтылып келе жатқан мәртебелі ныспы*.

**АЛЫП**[2] с ы н. **1**. *Үлкен, зор, дәу*. **2**. *Батыр тұлғалы, зор денелі (ер адам)*. // м и ф. *Ежелгі грек мифологиясындағы адамнан бірнеше есе ірі, алып денелі күш иелері*.

**Алып дене.** *Алпамсадай, зор бітім*. **Алып денелі.** *Ірі, зор, үлкен*. **Алып көртышқан**. з о о л. <лат. spalax giganteus> *Дене пішіні ұршық тәрізді, мойны қысқа, басы жалпақ, ал көзі мен құлақ қалқаны болмайтын, кеміргіштер отрядының соқыртышқан тұқымдасына жататын аң*. **Алып қалқаншалылар**. з о о л. <лат. gigantostraca> *Палеозой эрасында суда тіршілік еткен, жойылып біткен жыртқыштар*. **Алып құрылыс.** *Жоспарлы түрде, кешенді салынып жатқан үлкен нысан*. **Алып планеталар**. а с т р. *Көлемі де, массасы да жерден әлдеқайда үлкен Юпитер, Сатурн, Уран және Нептун сияқты планеталар*.

**АЛЫП-ЖҰЛЫП** ү с т. *Асығыс, шапшаң, алқын-жұлқын*.

**Алып-жұлып бара жатқан**. *Соншалықты, асып кетердей*. **Алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ.** а) *Айтарлықтай, дүрлігерліктей, қауіп ойларлықтай дәнеңе болған жоқ*. ә) *Өзгеден ерекшелігі, артықшылығы жоқ*.

**АЛЫПҚАШПА** с ы н. **1**. *Тізгіндеуге көнбей, беталды лағып кететін (ат)*. **2**. а у ы с. *Қызба, желіккіш*. **3**. а у ы с. *Дерегі жоқ, анық-қанығы, рас-өтірігі белгісіз*.

**Алыпқашпа сөз [әңгіме]**. *Өсек-аяң, ұзынқұлақ, өтірік сөз, қауесет*.

**АЛЫПҚАШТЫ**[1] з а т. *Су ағысының аяғындағы үлкен бөгеттің жоғарғы жағынан бөгені, деңгейдің биіктігіне жақын ағыс суын басқа жаққа бұрып ағызатын қосалқы арық*.

**АЛЫПҚАШТЫ**[2] с ы н. ***Алыпқашпа*** *(жүрдім-бардым, негізсіз, анық-қанығы белгісіз)*.

**Алыпқашты сөз [әңгіме]**. ***Алыпқашпа сөз.*** **Алыпқашты өсек.** *Жаңсақ айтылған сөз, қауесет*.

**АЛЫП-САЛ**= е т. *Нәрсені, затты жинастыру, қайта ұстау*.

**АЛЫП-САЛУ** *Алып-сал етістігінің қимыл атауы*.

**АЛЫПСАТАР** з а т. э к о н. <нем. Spekulant> *Дайын өнімдерді сатып алып, қайта қымбатқа сатушы адам, саудагер*.

**АЛЫПСАТАРЛЫҚ** з а т. *Арзанды қымбатқа сатып, кәсіп етушілік*.

**АЛЫПСОҚ** с ы н. *Үлкен, зор, қайратты, қуатты (итке қатысты)*.

**АЛЫПТАЙ** с ы н. *Алып тәрізді, алып сияқты; үлкен*.

**АЛЫПТЫҚ** з а т. *Алыпқа тән қасиет, үлкендік, ірілік, мықтылық*.

**АЛЫП-ҰШ**= е т. *Асығу, көңіл тоқтатпау, жүрегі тоқтамау*.

**АЛЫПҰШПА** с ы н. **1**. *Қызба, жел мінезді*. **2**. *Негізсіз, үстіртін*.

**АЛЫС** с ы н. **1**. *Шалғай, жырақ, жақын емес*. **2**. *Болашақ, келешек*. **3**. а у ы с. *Туыстығы жақын емес, атасы бөлек; бөтен, бөгде*.

**Алыс көсілді.** *Әріге сілтеді, тереңнен қозғады, ұзаққа меңзеді*. **Алысқа бара алмады**. а) *Істеген ісі тындырымды болмады, жұмысы өнбеді, ештеңе өндірмеді*. ә) *Қатты кетпеді*. **Алысқа**

**кете қоймады**. *Тым әріге бармады, әңгімені көбейтпеді, өрбітпеді.* **Алысқа көз жіберді [салды, тастады]**. *Өткенді шолды, ой жіберді.* **Алысқа қол сермеді.** *Терең ойлады, биікті меже етті.* **Алысқа шабатын жүйрік.** *Ұзақ қашықтыққа шабатын бәйге аты.* **Алыс қия.** *Қиыр шет, ұзақ жер.* **Алыс сапар.** *Шалғайдағы жерге, елдімекенге ұзақ уақытқа кететін саяхат.* **Алыс қырды жақындатты.** *Жырақтағы елмен табыстырды.* **Алыста жүрсе кісінесіп, жақында жүрсе тебіскен.** *Бөлек жүрсе сыйласып, бірге болса ренжіскен.* **Алыстан ат сабылтты**. *Алыстан арнайы келді.* **Алыстан болжады**. *Күні бұрын болжады, алдын ала ойлады, мезгілінен бұрын топшылады.* **Алыстан қосылатын**. *Етжақын емес, аталас.* **Алыстан орағытты.** *Сөзді арыдан бастады, ойын бірден айтпады.* **Алыстан тоят іздеді.** *Тоятты алыстан тіледі.* **Алысты болжады**. *Әріден ойлады, тереңнен түсінді.*

**АЛЫС**[1]= е т. *Бірге алу, ұстасу, көтерісу.*

**АЛЫС**[2] = е т. **1**. *Жағаласу, жұлысып ойнау.* **2**. *Біреумен біреу ұстасып қалу, төбелесу.* **3**. *Күресу, арпалысу.* **4**. а у ы с. *Таласу, сөз таластыру, айтысу, тартысу.*

**АЛЫС-АЛЫС** с ы н. *Аралары жақын емес, шалғай-шалғай, қашық-қашық.*

**АЛЫС-БЕРІС** з а т. *Алым-берім, ауыс-түйіс, айырбас.*

**Алыс-беріс қылды.** *Ауыс-түйіс жасады, айырбастады.*

**АЛЫС-ЖАҚЫН** с ы н. **1**. *Алыс пен жақын, бәрі, түгел. // Алыс және жақын қашықтық.* **2**. *Туыс пен бөгде, өзің мен өзге. // Алыс және жақын туыстар, ағайын; жұрт, ел.*

**АЛЫС-ЖАҚЫНДЫҚ** з а т. *Алыс пен жақындық, шалғай мен жуықтық.*

**АЛЫС-ЖУЫҚ** с ы н. **1**. *Алыс-жақын, қашық пен жақын.* **2**. а у ы с. *Ағайын-туған, жат-жақын.*

**АЛЫС-ЖҰЛҚЫС** з а т. с ө й л. ***Алыс-жұлыс***.

**АЛЫС-ЖҰЛЫС** з а т. *Жанталас, алыс-тартыс.*

**АЛЫС-ЖҰЛЫС**= е т. *Алысып ойнау, жұлқыласу, жұлмаласу.*

**АЛЫС-ЖҰЛЫССЫЗ** с ы н. *Алыс-жұлысы жоқ, талас-тартыссыз.*

**АЛЫС-ЖЫРАҚ** с ы н. *Алыс, шалғай, жырақ.*

**АЛЫСПАҚ** з а т. *Күрес, атүсті ұрыс, ойын атауы.*

**АЛЫССЫН**= е т. *Алыс санау, жырақ көру, қашықсыну.*

**АЛЫССЫНУ** *Алыссын етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЫСТА** ү с т. *Қашықта, шалғайда.*

**АЛЫСТА**= е т. **1**. *Қашықтау, жырақ тарту, алшақтау.* **2**. *Қашықтыққа байланысты бір нәрсенің көрінуі, естілуі бәсеңдеу, көмескілену.* **3**. а у ы с. *Уақыты өтіп кету, ұмытылу.* **4**. а у ы с. *Бөгделену, бөтенсу, туыстықтан, жақын қатынастан алшақтау; іргесін алыс салу.*

**АЛЫСТАН**= е т. *Жырақтану, аулақтану.*

**АЛЫС-ТАРТЫС** з а т. *Күрес, алыс-жұлыс, дау-дамай.*

**АЛЫСТАТ**= е т. **1**. *Жырақ әкету, қашықтату, аулақтату.* **2**. *Бәсеңдету, көмескілету.* **3**. а у ы с. *Бөгделендіру, бөтенсіндіру, жат санату, туыстықтан, жақын қатынастан алшақтату.*

**АЛЫСТАТҚЫШ** з а т. а н а т. <лат. abductor; ab – сыртқа қарай; duko – серпу, денеден алыстатқыш> *Адамда қол мен аяқ, жануарларда алдыңғы және артқы аяқтар буындарына әсер ету арқылы аталған мүшелері денеден алыстататын бұлшық ет.*

**АЛЫСТАТУ** *Алыстат етістігінің қимыл атауы; жырақ әкету, қашықтату, алшақтату.*

**АЛЫСТАУ** *Алыста етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Қашықтау, алшақтау, алыс тарту.* **2**. а у ы с. *Бөгделену, бөтенсу, жатсыну.*

**АЛЫСТЫҚ** з а т. *Алыс жерге тән сипат, қашықтық, шалғайлық.*

**АЛЫСТЫР**[1] = е т. *Біреумен араластыру, қатынастыру.*

**АЛЫСТЫР**[2] = е т. *Төбелестіру, жұлыстыру, арпалыстыру.*

**АЛЫСТЫРУ** *Алыстыр етістігінің қимыл атауы; төбелестіру, жұлыстыру, арпалыстыру.*

**АЛЫСУ**[1] *Алыс*[2] *етістігінің қимыл атауы; бірге алу, ұстасу, көтерісу.*

**АЛЫСУ**[2] *Алыс*[3] *етістігінің қимыл атауы; күресу, арпалысу, тартысу.*

**АЛЫСУШЫ** з а т. *Таласушы, жағаласушы, айтысушы.*

**АЛЫСШЫЛ** с ы н. *Алысқа шабатын, ұзаққа жүгіретін.*

**АЛЫСЫП-ЖҰЛЫС**= е т. *Таласып-тартысу, жұлқыласу, жұлмаласу.*

**АЛЫСЫП-ЖҰЛЫСУ** *Алысып-жұлыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЫСЫП-ТАРТЫС**= е т. *Алысып-жұлысу, жағаласу.*

**АЛЫСЫП-ТАРТЫСУ** *Алысып-тартыс етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЬБАРГИН** [лат. albarginum] з а т. м е д. *Суда ерігіш, сап-сары, жылтыр ұнтақ дәрі, азот қышқылды күміс пен желатоза қосындысы.*

**АЛЬБАТРОС** [франц. albatros] з а т. з о о л. *Дауылпаздар тұқымдасына жататын, денесі ірі, жіңішке ұзын қанаттары бар, имек тұмсықты теңіз құсы.*

**АЛЬБЕДО** [лат. albedo] з а т. ф и з. *Дене бетінің өзіне түскен электромагниттік сәуле не бөлшектер ағынын шағылыстыру қасиетін сипаттайтын шама.*

**АЛЬБЕДОМЕТР** з а т. ф и з. *Әртүрлі физикалық денелердің альбедосын өлшейтін құрал, аспап.*

**АЛЬБИГОЙЛІКТЕР** з а т. с а я с и. *Франциядағы 12-13 ғасырлардағы қалалардың экономикалық және рухани өміріне католиктік шіркеулердің үстемдік етуіне қарсы бағытталған күпірлердің қозғалысына қатысушылар.*

**АЛЬБИНИЗМ** [лат. albus] з а т. б и о л. *Жаратылысынан пигменттің жетімсіздігінен терінің, жүннің, шаштың аппақ болуы, ағзаның өзіне тән түсінің жоғалуы, бозғылттануы.*

**АЛЬБИНОС** з а т. б и о л. *Альбинизмге шалдыққан ағза.*

**АЛЬБИТ** [лат. albus] з а т. г е о л. *Натрийлі-кальцийлі шпаттарға жататын плагиоклаздардың изоморфтық қатарының минералы.*

**АЛЬБИТОФИР** з а т. г е о л. *Негізінен альбиттен тұратын трахитті сеппелі таужыныс.*

**АЛЬБИХТОЛ** [лат. albichtolum] з а т. х и м. *Қара майдан бөлініп алынып, тазартылған, құрамында күкірт пен хлор бар, жасылдау не сарғыш түсті сұйық дәрі.*

**АЛЬБОМ** [франц. album] з а т. **1**. *Сурет салуға, фотосурет жапсыруға немесе өлең жазуға арналған қалың дәптер.* **2**. *Кітап түрінде қысқа түсіндірмелерімен берілген суреттердің, репродукциялардың, сызбалардың және т. б. жинағы.* **3**. *Әншінің, әншілік топтың, ансамбльдің таспада, дискіде жазылған әндер жинағы.*

**АЛЬБОМДЫҚ** с ы н. *Альбомға қатысты.*

**Альбомдық лирика**. ә д е б. *Орта ғасырдағы француз поэзиясының лирикалық жанры.*

**АЛЬБУЛА** [лат. albula vulpes] з а т. з о о л. *Барлық тропик, субтропик теңіздерінде таралған кәдімгі сүйекті балықтардың бір туысы.*

**АЛЬБУМИН** [лат. albumen (albuminis)] з а т. х и м. *Өсімдік және жануарлар ұлпасында, қанның сары суында, жұмыртқада, қантта, сүтте, өсімдік дәнінің құрамында кездесетін, суда еритін қарапайым ақуыз жиынтығы.*

**АЛЬВАНИТ** з а т. х и м. *Ванадттар тобының минералы.*

**АЛЬВЕОКОКК** з а т. м е д. *Таспа құрт.*

**АЛЬВЕОКОККОЗ** [лат. alveococcosis] з а т. м е д. *Эхинококк тектес таспа құрттар тудыратын ауру; бауыр құрт.*

**АЛЬВЕОЛА** [лат. alveolus] з а т. а н а т. **1**. *Өкпе бронхыларының ұсақталып тармақталған ұшындағы ауа алмасу қызметін атқаратын кішкентай қалташықтар, көпіршіктер.* **2**. *Жақ сүйектің тіс орналасатын ұясы.* **3**. *Бездің шетіндегі көпіршікті қуыстары.*

**АЛЬВЕОЛАЛЫҚ** с ы н. а н а т. *Альвеолаға тән, альвеолаға қатысты.*

**Альвеолалық ауатамырша**. а н а т. <лат. bronchiolus alveolaris> *Қабырғасында тым жұқа қабырғалы жекеленген альвеолалардың болуына байланысты газ алмасу процесіне қатысты жіңішке арналы ауатамырша.* **Альвеолалық қапшық**. а н а т. <лат. sacculus alveolaris> *Қабырғалары өкпе альвеолаларынан құралған, пішіні біркелкі емес, альвеолалық өзектерден таралатын өкпедегі қуысты кеңістік.* **Альвеолалық өзек**. а н а т. <лат. ductusalveolaris> *Қабырғасы тек альвеолалардан тұратын, альвеолалық ауа тамыршалардан кейін орналасқан тыныс алу жолының бөлігі.*

**АЛЬГАРИТТЕР** з а т. г е о л. *Құрамы көмірсу белокты өзгеше табиғи түзілімдер тобы.*

**АЛЬГИЦИДТЕР** [лат. alga – балдыр, caedere – өлтіру] з а т. *Теңіз шөбі мен балдырларды жою үшін пайдаланылатын дәрілер.*

**АЛЬГОЛОГИЯ** [лат. alga – балдыр, logos – ілім] з а т. б о т. *Ботаника ғылымының балдырларды зерттейтін саласы.*

**АЛЬГОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. б о т. *Альгологияға қатысты.*

**АЛЬДЕГИДТЕР** [лат. al (cohol) deryd (rogenatum)] з а т. х и м. *Құрамында көміртек радикалымен байланысқан альдегид тобы бар органикалық қосылыстар.*

**АЛЬДРОВАНДА** [лат. aldrovanda] з а т. ө с. *Жіп тәрізді сабағы су бетінде қалқып тұратын, тамырсыз өсімдік, насеком қоректі өсімдіктердің бір түрі.*

**АЛЬМАГ** з а т. к е н. *Аллюминий мен магнидің қорытпасы.*

**АЛЬМА-МАТЕР** з а т. *«Өсірген ана» деген мағынадағы Еуропа мәдениетіндегі оқу орындардың бейресми атауы.*

**АЛЬМАНАХ** ар. з а т. **1**. ә д е б. *Белгілі бір сипатына қарай (тақырыптық, жанрлық т.б.) топтастырылған әдеби шығармалардың жинағы.* **2**. т а р. *Орта ғасырлардағы түрлі мәліметтер мен астрологиялық жорамалдар берілген күнтізбе.* **3**. *Ғылым мен өнердің соңғы жетістіктерін, өзгерістерін т.б. қамтитын мәліметтер жинағы.*

**АЛЬМАНДИН** з а т. г е о л. *Силикаттар тобы анартастар тобына жататын қызғылт түсті асыл тас, темірлі-алюминийлі минерал.*

**АЛЬПАКА** [исп. alpaca] з а т. з о о л. *Лама туысына жататын сүтқоректі жануар; ламамен жабайы викуньяның буданы.*

**АЛЬПАРИ** [итал. alpari] з а т. э к о н. *Бағалы қағаздардың не валютаның биржалық, нарықтық құнының олардың атаулы құнына сәйкестігі.*

**АЛЬПЕНШТОК** [нем. Alpenstock] з а т. *Биік тауларға шығуда пайдаланылатын ұшы өткір темірлі ұзын таяқ.*

**АЛЬПИНАРИЙ** зат. геогр. *Тау өсімдіктеріне арналып қолдан жасалған бақ.*

**АЛЬПИНИАДА** зат. спорт. *Альпинизм бойынша өткізілетін, көпшілік қатысатын жаттығу, спорттық және мерекелік шаралар.*

**АЛЬПИНИЗМ** зат. спорт. *Альпі тауына байланысты аталған, спорттың тауға, тау шыңына жаяу шығатын, өрмелеп көтерілетін түрі.*

**АЛЬПИНИСТ** зат. спорт. *Тауға, тау шыңдарына жаяу көтеріліп, шыңдарды бағындырушы, спортшы.*

**АЛЬПИНИСТЕЙ** сын. *Альпинист сияқты, альпинист тәрізді, альпиниске ұқсас.*

**АЛЬПИНИСШЕ** үст. *Альпиниске ұқсап.*

**АЛЬТ** [итал. alto] зат. муз. **1**. *Скрипка тектес, бірақ одан үлкенірек, қоңыр дауысты шекті аспап.* **2**. *Хордағы немесе әншілер тобындағы балалардың, әйелдердің төменгі дауысы, партиясы (меццо-сопрано, контральто).* **3**. *Үрмелі аспаптың бір түрі (альгорн).* **4.** *Қос сөз түріндегі оркестр аспаптары атауларының бір сыңары (альткларнет, альт-тромбон, альт-домбыра).*

**Альт қобыз.** муз. *Оркестр құрамында негізгі партияларды орындайтын, жеке де тартылатын, дыбысы күшті шағын қобыз.*

**АЛЬТЕРАЦИЯ** [лат. alteratio] зат. **1**. муз. *Кез келген дыбыс атауын өзгеріссіз жарты тонға жоғарылату не төмендету.* **2**. мед. *Жасушалар мен ұлпалардың құрылысы мен қызметінің кейбір нәрселердің зақымдаушы әсерінен өзгеруі.*

**АЛЬТЕРНАТ** [лат. alternare] зат. құқық. *Халықаралық құқықтық шартқа қатысушылардың шарт мәтініне қол қою кезегін реттейтін тәртіп.*

**АЛЬТЕРНАТИВА** [франц. alternative] зат. филос. **1**. *Бірін-бірі жоққа шығаратын екі немесе бірнеше мүмкіндіктің біреуін ғана таңдаудың логикалық қажеттілігі; балама; екінің бірі.* **2**. *Бір-біріне керегар мүмкіндіктердің әрқайсысы.*

**АЛЬТИМЕТР** [лат. altum – биіктік, грек. metron – өлшеймін] зат. *Ұшу аппаратының жер бетінен көтерілу биіктігін көрсететін құрал; биіктік өлшеуіш.*

**АЛЬТИНГ** зат. саяси. *Исландияның қос палаталы парламенті.*

**АЛЬТИТУДА** [лат. altitudo] зат. геод. *Теңіз деңгейінен жоғары биіктік, абсолюттік биіктік.*

**АЛЬТРУИЗМ** [франц. altruisme] зат. филос. *Өзінің мүддесін ойламай, басқаларға қамқорлық етуді уағыздайтын моральдық принцип.*

**АЛЬФА** [грек. alpha] зат. *Грек әліпбиінің бірінші әрпінің аты.*

**АЛЬФА-ӘДІС** зат. геол. *Альфа сәулелерді өлшеу мақсатында таужыныстар мен минералдар радиоактивтілігін зерттеу әдісі.*

**АЛЬФА-БӨЛШЕК** зат. физ. *Электрондарынан айырылған радиоактивті химиялық элемент атомы.*

**АЛЬФА-СӘУЛЕ** зат. физ. *Радиоактивті ядролардан зор жылдамдықтармен (шамамен 109 с м/с) бөлініп шығатын бөлшектерден тұратын сәулелер.*

**АЛЬФА-СПЕКТРОМЕТР** зат. физ. *Альфа-бөлшектердің энергиясын өлшейтін аспап.*

**АЛЬФА-ЫДЫРАУ** зат. физ. *Атом ядроларының өздігінен радиоактивті ыдырауы кезінде альфа-бөлшектерді шығаруы.*

**АЛЬФЕНОЛ** зат. хим. *Темірдің алюминиймен магнитті жұмсақ қорытпасы.*

**АЛЬФОРТИОЗ** зат. вет. *Жылқыда кездесетін стронгилидоз ауруларының бір түрі.*

**АЛЬЮМЕЛЬ** зат. хим. *Құрамында алюминий, марганец, кремний, кобальт, сондай-ақ цирконий бар никель қорытпасы.*

**АЛЬЯНС** [франц. alliance] зат. *Алдына қойған мақсаттарына жету үшін жеке адамдардың, саяси партиялардың, мемлекеттердің құрған одағы, бірлестігі.*

**АЛЯСКИТ** зат. геол. *Интрузиялық магмалық тау жынысы, граниттің қышқыл құрамды түрі.*

**АЛЮМИНАТ** зат. хим. *Құрамындағы сутек металмен алмастырылған алюминий гидроксидінің, басқаша айтқанда, алюминий қышқылының тұздары.*

**АЛЮМИНИЙ** [лат. aluminium; alumen] зат. хим. *Электр өткізгіш қасиеті жоғары күміс түсті ақ, жеңіл металл; элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы химиялық элемент (Al).*

**Алюминий кентастары**. кен. *Алюминий алуға болатын минералдық шикізаттар.* **Алюминий құймалары**. хим. *Алюминий негізінде алынған жеңіл құймалар.* **Алюминий тотығы**. хим. *Алюминийдің оттекпен қосылысы, түссіз, суда ерімейтін кристалдық зат.*

**АЛЮМИНИЙЛЕН=** ет. хим. *Алюминиймен қаныктырылу.*

**АЛЮМИНИЙЛЕНУ** *Алюминийлен етістігінің қимыл атауы.*

**АЛЮМИНИЙЛЕУ** ет. хим. *Атмосфералық коррозияға және 11000 С-тағы температурада тотыққа төзімділігін арттыру үшін болаттан жасалған деталь беттерін алюминиймен қанықтыру.*

**АЛЮМИНИЙЛІ** сын. *Аюминий негізді, құрамында алюминий бар.*

**АЛЮМИНОТЕРМИЯ** [лат. alumen – алюминий, therme – жылу] зат. хим. *Металл тотықтарын алюминиймен тотықсыздандырып, таза металл және қорытпалар алу үшін қолданылатын процесс.*

**АЛЮМОСИЛИКАТТАР** [лат. alumen – алюминий, silex – шақпақтас] зат. геол. *Тау жыныстарын құрайтын минералдар тобы.*

**АМАЗОНИТ** зат. геол. *Амазонка өзені бойында табылуына байланысты аталатын, көгілдір жасыл түсті әшекей тас, минерал.*

**АМАЗОНКАЛАР** зат. миф. *Ежелгі грек мифологиясындағы жауынгер әйелдер.*

**АМАЛ**[1] [ар. الوجه] зат. *Тәсіл, айла, жол, әдіс, әрекет.*

**Амал бар ма?!** *Басқа салғанға көну, басқа шараң бар ма, амал нешік.* **Амал жоқ.** *Басқа лаж жоқ, амалсыз, лажсыз.* **Амал қанша [қане, бар ма, не, нешік]**. *Қолдан келер шара жоқ, лаж жоқ, өкінішті-ақ.* **Амал [амалын] қылды [етті, іздеді]**. *Айла жасады, тәсіл қолданды.* **Амал пысықтауыш**. лингв. *Қимылдың қандай тәсілдермен атқарылуын, іске асуын білдіретін пысықтауыштың түрі.* **Амал тапты**. *Ақыл, айла тауып, ретін, оңтайын келтірді.* **Амалы асты**. *Құлығын асырды, істің көзін тапты, оңтайын келтірді. қалды, айласы таусылды.* **Амалы құрыды [таусылды, қалмады, қалған жоқ, бітті, болмады]**. *Қолдарынан ештеңе келмей шарасыз қалды, тұйыққа тірелді.* **Амалын тапты.** *Сәтін түсірді, тәсілін тапты.*

**АМАЛ**[2] зат. көне. сөйл. *Байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурызға сәйкес келетін ай аты, наурыз айының ескіше аты.*

**АМАЛ**[3] зат. астр. сөйл. ***Хамал***.

**АМАЛ**[4] зат. этн. *Жыл мезгілінің тұрақты түрде қайталанып тұратын күн райының ерекше құбылыстарымен байланысты кезі.*

**АМАЛ**[5] зат. мат. *Арифметикалық есептерді шығару жолы, тәсілі.*

**АМАЛ-АЙЛА** зат. **1**. *Лаж, шара.* **2**. *Құлық-сұмдық, айла-тәсіл.*

**АМАЛ-АЙЛАСЫЗ** сын. *Айла-тәсілсіз, құлық-сұмдықсыз.*

**АМАЛДА=** ет. **1**. *Амалын табу, лажын табу, ретін, қисынын келтіру.* **2**. *Ілдебайлау, селбестіру.*

**Амалдап күнелтті.** *Ілдалдалап тіршілік етті.*

**АМАЛДАЙ** сын. *Амал сияқты, амал тәрізді.*

**АМАЛДАН=** ет. *Амалын табу, ретін келтіру.*

**АМАЛДАР** зат. көне. жерг. *Ерте кездердегі дәрежелі адамдардың қызметшілері, шабармандары.*

**АМАЛДАУ** *Амалда етістігінің қимыл атауы.*

**АМАЛДЫ** сын. *Амал еткен, қу, пысық.*

**АМАЛКЕШ** сын. сөйл. ***Амалқой***.

**АМАЛҚОЙ** сын. *Тәсілқой, әдісқой, амал тапқыш; айлакер.*

**АМАЛСОҚТА=** ет. көне. *Амал жасау, ретін табу, қисынын келтіру.*

**АМАЛСЫЗ** сын. *Лажсыз, шарасыз, еркінен тыс, өз еркінсіз, құлықсыз.*

**Амалсыз конвекция.** тех. *Сорғылар, компрессорлар немесе араластырғыш әсерінен жүретін конвекция.*

**АМАЛСЫЗДАН** үст. *Лажсыздан, шарасыз дықтан, еріксізден.*

**АМАЛСЫЗДЫҚ** зат. *Лажсыздық, шарасыздық.*

**АМАЛ-ТӘСІЛ** зат. *Бір нәрсені істеудің әртүрлі жолы.*

**АМАЛШЫ** сын. *Айлалы, тәсілқой, ретін тапқыш, әдісшіл.* // өнер. *Иллюзионист, көз байлап өнер көрсететін адам.*

**АМАЛШЫЛ** сын. *Айлакер, тәсілқой, әдісшіл, амалын, ретін тапқыш.*

**АМАЛШЫЛЫҚ** зат. *Айлакерлік, тәсіл-қойлық, құлық ойлаушылық.*

**АМАЛЬГАМА** [франц. amalgame] зат. хим. *Сынаппен қосылған қымбат металл қоспасы.*

**АМАЛЬГАМАЛАУ**[1] зат. *Металлургияда кеннен не концентраттан сынапты қолданып металдарды ажыратып алу әдісі; металдарды сынапта ерітіп, құйма жасау.*

**АМАЛЬГАМАЛАУ**[2] зат. экон. *Бәсекелі күрес барысында бұрынғы дербес екі немесе бірнеше қоғамдардың, одақтардың, корпорациялардың және тағы басқалардың бірыңғай акционерлік компанияға ауысуы, қосылуы, бірігуі.*

**АМАЛ-ІС** зат. *Айла-тәсіл, әрекет.*

**АМАН**[1] зат. діни. *Қауіпсіздікке кепілдік; мұсылмандардың қолына түскен мұсылман емес тұтқындардың қауіпсіздігін сақтау үшін берілетін кепілдік.*

**АМАН**[2] [ар. أمان – أمن] сын. **1**. *Сау-саламат, есен-сау.* **2**. *Түгел, бүтін, шығынсыз.* **3**. *Құр, бос, сау, қатысы жоқ.*

**Аманға келді**. жерг. *Құда қыдырып, амандық білуге келді.* **Аман қалды.** *Тірі қалды, өлім аузынан қалды.* **Аман сақтады.** *Аман алып қалды.* **Аман сақтау.** *Жойылуға жол бермеу, қалпын бұзбай ұстау.* **Аманы жоқ.** *Сәлем бермеді, амандаспады.*

**АМАНАТ**[1] [ар. أمانة] зат. этн. **1**. *Сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат, нәрсе.* **2**. *Орындауға тапсырылған міндет, өсиет.*

**Аманат етті.** *Аманаттады, табыстады.* **Аманат қойылды.** *Марқұмды өз жеріне апаруда қатты қыста, ауа райының қолайсыз жағдайына байланысты мәйіт уақытша жерленіп, кейін туған жеріне апарылып, қайта жерленді.* **Аманат құда**. этн. *Әлі дүниеге келмеген балаларды*

*атастыру арқылы құдандалы болған адамдар.* **Аманат қылды**. *Бір нәрсені орындауды міндеттеп тапсырды.* **Аманат сақтау**. этн. *Уақытында жерлеу мүмкін болмағандықтан, мәйітті жерге жамбасы тигенше ұзақ ұстай тұру.* **Аманат [аманатқа, аманат қып] тапсырды**. *Аманат қылды; сақтауға тапсырды.*

**АМАНАТ**[2] зат. тар. дипл. *Жеңілген, бағынышты жақтың қарсы жаққа кепілге берген адамы; саяси кепілдеме.*

**Аманат бақты**. *Аманатқа қалдырған адамды қарады, қамқорлығына алды.*

**АМАНАТТА=** ет. *Аманат ету, тапсыру.*

**АМАНАТТАЛ=** ет. *Аманат етіп тапсырылу.*

**АМАНАТТАЛУ** *Аманаттал етістігінің қимыл атауы.*

**АМАНАТТАН=** ет. *Тапсырылу, аманат болып сақтауға, қарайлауға берілу.*

**АМАНАТТАУ** *Аманатта етістігінің қимыл атауы; сақтауға тапсыру.*

**АМАНАТТАУШЫ** зат. *Аманат етуші, тапсырушы.*

**АМАНДА=** ет. **1**. *Аман алып қалу, қорғап, сақтап қалу.* **2.** жерг. *Түгендеу, амандығын білу.*

**АМАНДАС=** ет. **1**. *Сәлем беру, сәлемдесу; амандық сұрасу.* **2**. *Алысқа кетерде, сапарға шығарда қоштасу.*

**АМАНДАСТЫР=** ет. *Сәлемдестіру, амандық сұрастыру.*

**АМАНДАСУ** *Амандас етістігінің қимыл атауы; сәлем беру, сәлемдесу.*

**АМАНДАУ** *Аманда етістігінің қимыл атауы.*

**АМАНДЫҚ** зат. **1**. *Саулық, есендік, деннің саулығы.* **2.** *Бүтіндік, түгелдік.*

**АМАНДЫҚ-САУЛЫҚ** зат. *Амандық, есендік, сау-саламаттық.*

**АМАН-ЕСЕН** сын. *Сау-саламат, есен-аман, аман-сау.*

**АМАН-ЕСЕНДІК** зат. *Амандық, саулық, сау-саламаттық.*

**АМАН-ЖАМАН** зат. сөйл. *Амандығы мен аман еместігі, екеуі де.*

**Аман-жаманын білді**. *Аман-есендігінен, қиындыққа ұшырағанын-ұшырамағанынан хабардар болды.*

**АМАНКО** зат. экон. <ағыл. shortage> *Тапшылық, қарыз, жетіспеушілік сияқты келеңсіз жағдайларды білдіретін биржалық термин.*

**АМАН-САУ** сын. *Аман-есен, сау-саламат, бәле-жаладан аман.*

**АМАНШЫЛЫҚ** зат. *Амандық, саулық, есендік, саламаттық.*

**АМАРИЛЛИС** зат. өс. *Тамыры пияз сияқты өсімдік.*

**АМАРСИП** зат. зоол. *Үнді мұхиттарының экватор аймағында таралған тұқы тұқымдас табан балық.*

**АМБАЛАЖ** [франц. amballage] зат. экон. *Тауар сатып алуға жұмсалатын шығын.*

**АМБИВАЛЕНТТІЛІК** [лат. ambo – екеуі, valentia – күш] зат. психол. *Қандай да бір адамға, объектіге немесе идеяға бір мезгілде қарама-қарсы немесе аралас сезімдердің болуы; адамға, объектіге немесе идеяға өзінің сезімін немесе қарым-қатынасын үнемі өзгертуге бейімділік.*

**АМБИСТОМА** [лат. ambystoma] зат. зоол. *Құйрықты қосмекенділер тұысына жататын төрт аяқты жануар.*

**АМБИЦИЯ** [франц. ambition] зат. сөйл. ***Кеудемсоқтық***.

**АМБИЦИЯЛЫҚ** сын. сөйл. *Өзіне деген ерекше құрметті талап етуге, тәкаппарлыққа тән.*

**АМБОЦЕПТОРС** [лат. ambo – екеуі де, capio– аламын] зат. биол. *Бактериолизин, цитолизин сияқты бактерияларды балқытып, ерітіп жіберетін денелер.*

**АМБРА** [ар. أنبار] зат. *Кит тұқымдас ірі теңіз жануарларынан алынатын хош иісті, қоңыр түсті зат.*

**АМБРАЗУРА** [франц. embrasure] зат. әск. *Бекіністегі жауды атуға арналған тесік.*

**АМБУЛАТОРИЯ** [лат. ambulatorius] зат. мед. *Науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйде дәрігерлік көмек көрсететін мекеме.*

**АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ** сын. *Амбулаторияға тән, емханалық.*

**Амбулаториялық емдеу.** мед. *Амбулаториялық немесе емханада жүргізілетін емдеу түрі.*

**АМБЫ** манж. зат. ***Анбы*** *(князь, губернатор).*

**АМЕБА** [грек. amoibe] зат. зоол. *Қарапайымдар (бір жасушалылар) типіне жататын тамыраяқтылар тобының өкілі.*

**АМЕБАЛЫҚ** сын. *Амебаға тән.*

**АМЕБИАЗ** зат. мед. *Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың ағзасында, сондай-ақ адамның тоқ ішегінде дизентерия амебасының (бір жасушалы қарапайым жәндіктің) енуінен, паразиттік тіршілік етуінен қозатын ауру.*

**АМЕБОЦИТ** [грек. amoibe – өзгеріс, kytos – жасуша] зат. *Омыртқасыз жануарлар қанындағы бөгде заттарды қамтып, қорытып, қорғаныс қызметін атқаратын түссіз жасушалар.*

**АМЕНОРЕЯ** зат. мед. *Жыныстық жетілу шағында әйелдерде етеккірдің келмеуі.*

**АМЕНСАЛИЗМ** [грек. а – болымсыздық көрсеткіші, лат. mensa] зат. *Бір организмнің екінші организмге немесе бір популяцияның екінші популяцияға басымдылық көрсетіп, қысым келтіруі.*

**АМЕРИЦИЙ** [лат. Americium] зат. хим. *Атомдық нөмірі 95, актиноидтарға жататын жасанды радиоактивті химиялық элемент (Am).*

**АМЕТИСТ** [грек. amethystos] зат. мин. *Кварцтың күлгін, көкшіл күлгін, мөлдір түрі, қымбат минерал тас.*

**АМЕТРОПИЯ** [грек. а – болымсыздық көрсеткіші, metron – өлшем, opsis – көру] зат. мед. *Адамның көруінің нашарлауы, алыстан немесе жақыннан көргіштік түріндегі көзіндегі өзгеріс.*

**АМИДТЕР** зат. хим. *Амиактың құрамындағы сутектің біреуі ғана металға ауысқаннан түзілген қосылыстар.*

**АМИГДАЛИН** зат. хим. *Ащы бадамның, шиенің, шабдалының дәнінде болатын, медицинада асқазан және ішек ауруларын емдеуге қолданылатын глюкозид ($C_{20}H_{27}O_{11}N$).*

**АМИДАЗАЛАР** зат. хим. *Аминқышқылдарының амидтерін ыдырататын ферменттер.*

**АМИДИНДЕР** зат. хим. *Жалпы формуласы RC (-NC) $NR_2$ болып келетін органикалық қышқылдардың туындылары.*

**АМИДОСТОМАТОЗ** зат. вет. *Үйрек пен қаздың іш құрт ауруы.*

**АМИЛАЗА** [ағыл. Amylase] зат. *Асқазанда крахмал мен гликогенді ыдыратып, қарапайым қосындыларға айналдыратын ұйқы безінің ферменті.*

**АМИЛОЗА** [грег. amylon] зат. хим. *Крахмал құрамына кіретін полисахарид.*

**АМИЛОИДОЗ** зат. *Организмде белок алмасуының бір түрі.*

**АМИЛОПЕКТИН** зат. хим. *Глюкоза қалдықтарынан құралған, тармақтанған полисахарид.*

**АМИМИЯ** [грек. а – болымсыздық көрсеткіші, mimikos – мимика] зат. мед. *Жүйке жүйесінің жабырқауынан мимиканың төмендеуі немесе толық жоғалуы.*

**АМИН**[1] [ар. آمين] зат. сөйл. діни. ***Әумин*** *(«Қабыл ет» деген мағынадағы, дұға соңында айтылатын сөз).*

**АМИН**[2] зат. хим. *Аммиактың органикалық туындылары.*

**Амин қанттары**. хим. *Амин тобындағы жай қанттар.*

**АМИНҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Құрамында бір немесе бірнеше карбоксил және амин тобы бар органикалық қосылыстар.*

**АМИНОДОНТТАР** [лат. amynodobtidae] зат. зоол. археол. *Батпақ мүйіз тұмсықтары – мүйіз тұмсық тәрізділерге жататын палоген (эоцен, алигоцен) кезеңінде тіршілік еткен қазба жануарлар тұқымдасы.*

**АМИНОПЕПТИДАЗА** зат. хим. *Гидролаз класына жататын фермент.*

**АМИНОПЛАСТ** [грек. amylon – крахмал, plastos – жасалған] зат. *Өсімдік жасушасындағы түссіз түйіршік құрылымдар.*

**АМИНОТРАНСФЕРАЗА** зат. хим. *Трансфераза класына жататын фермент.*

**АМИТОЗ** [amitosis, грек. а – жоқ, mitos – жіп] зат. хим. *Өсімдіктер мен жануарлар ағзасының тіндеріндегі жасушалар ядросының тікелей бөлінуі.*

**АММИАК** [грек. hals ammoniakos] зат. хим. *Азот пен сутегінің қосындысынан алынған түссіз, өткір иісті газ.*

**Аммиак селитрасы**. хим. *Ауылшаруашылығында пайдаланылатын, азотпен байытылған, түссіз, суда жақсы еритін, түйіршікті, қышқыл тыңайтқыш.* **Аммиак суы**. хим. *Аммиактың судағы ерітіндісі.*

**АММОНАЛ** зат. хим. *Құрамында аммиак селитрасы бар қопарғыш зат.*

**АММОНИЙ** зат. хим. *Аммиактың судағы ерітіндісінде түзілетін атомдар тобы, бір зарядты катион.*

**Аммоний қосылыстары**. хим. *Құрамына аммоний тобы енетін химиялық заттар.* **Аммоний нитраты**. хим. *Аммонийдің азот қышқылды тұзы, түссіз кристалды зат.* **Аммоний сульфаты**. хим. *Күкірт қышқылды аммоний тұзы.* **Аммоний фосфоттары**. хим. *Аммонийдің фосфор қышқылды тұздары.* **Аммоний хроматы.** хим. *Маталар бояуда басытқы зат, фотоматериалдардың құрауышы т.б. ретінде қолданылатын қышқыл.*

**АММОНИТ** зат. хим. *Құрамында аммоний нитраты және белгілі бір органикалық нитроқоспалар бар аммиакты-селитралы жарылғыш қоспа; қопарғыш зат.*

**АММОФОС** зат. хим. *Ақшыл сұр түсті, түйіршікті, суда еритін, бірақ ауадағы ылғалды сіңірмейтін тыңайтқыш.*

**Аммофос цехы**. *Химиялық зауыттардың аммофос өндіретін цехы.*

**АММОФОСШЫ** зат. *Аммофос дайындаушы, аммофос шығарушы, аммофос өндіруші.*

**АМНЕЗИЯ** [грек. amnesia] зат. мед. *Еске түсіру және есте сақтау қабілетінің жоғалуы нәтижесінде адам жадының нашарлауы я болмаса жойылып кетуі; есінен айырылу, ұмытшақтық.*

**АМНИОН** [грек. amnion] зат. анат. *Бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүт қоректі жануарларда жатырдағы эбриондыкеуіп кетуден және механикалық зақымдалуынан сақтайтын ішкі сулы қабат, қағанақтың екінші қабығы.*

**АМНИОТАЛАР** зат. зоол. *Құрлықта дамуға бейімделген күрделі омыртқалы жанулар тобы.*

**АМНИСТИЯ** [грек. amnestia] зат. заң. *Мемлекет басшысының немесе өкіметтің жоғары өкілетті органының шешімімен қылмыскерге кешірім жасау, қылмыскерді жазадан босату, жауапкершіліктен құтқару.*

**АМОРОЧА** зат. *Нанай балықшыларының қайыңның қабығымен қаптап жасаған шағын, жеңіл қайықтары.*

**АМОРТИЗАТОР** зат. тех. *Амортизация процесінің іске асуын қамтамасыз ететін тетік.*

**АМОРТИЗАЦИЯ**[1] [франц. amortisation] зат. тех. *Автомобильдердің (ауыр жүк мәшинелері және жеңіл мәшинелердің) жүрісі кезінде қозғалысының жұмсақтығы, қатты селкілдемеуі.*

**АМОРТИЗАЦИЯ**[2] [лат. amortisatio] зат. экон. ***Өтемпұл***.

**АМОРТИЗАЦИЯЛАН=** ет. экон. *Өтемпұл, төлемдер төлену.*

**Амортизацияланатын құн.** *Жойылу құны шегерілген, активтің бастапқы құны немесе бастапқы құнының орнына көрсетілген басқа сома.*

**АМОРТИЗАЦИЯЛАНУ** *Амортизациялан етістігінің қимыл атауы*.

**АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ: амортизациялық жарна**. экон. *Өнім шығаруға жұмсалған шығынның бір бөлігі.* **Амортизациялық кезең**. экон. *Негізгі қорларды пайдаланудың экономикалық жағынан тиімді кезеңі.* **Амортизациялық қор**. қаржы. *Жарамсызданған негізгі қорларды толық қалпына келтіруге және оларды күрделі жөндеуге жұмсалған шығындарды өтеу үшін жинақталған ақшалай қаржы.*

**АМОРФ** [грек. amorphos] сын. *Кристал емес, пішінсіз.*

**Аморф тілдер**. лингв. *Түбір тілдер.*

**АМОРФТЫ** сын. *Аморф күйіндегі.*

**АМОРФТЫҚ: аморфтық күй**. *Кез келген табиғи дене (кристалл) бөлшектерінің ешбір ретсіз орналасу жағдайы.*

**АМПЕЛОГРАФИЯ** [грек. ampelos – жүзім, grapho – жазу] зат. биол. *Жүзімнің түрлері мен сұрыптары туралы ғылым.*

**АМПЕР** зат. физ. *Электр тоғы күшінің бірлігі.*

**Ампер заңы**. физ. *Бір-бірінен белгілі қашықтықта орналасқан өткізгіштердің шағын кесіндісі бойымен өтетін екі токтың өзара механикалық әсерлесу заңы.* **Ампер күші**. физ. *Ток элементіне әсер етуші күш.*

**АМПЕРВОЛЬТМЕТР** зат. физ. *Ток күшін, кернеуді және электр кедергісін өлшейтін әмбебап аспап.*

**АМПЕРМЕТР** зат. физ. тех. *Электр тоғы күшін өлшейтін аспап, құрал.*

**АМПЕР-ОРАМ** зат. физ. тех. *Магнит қозғаушы күшінің ескірген өлшем бірлігі.*

**АМПИР** [франц. empire] зат. өнер. *Батыс Еуропадағы сәндік қолөнер саласының мәнері.*

**АМПЛИАЦИЯ** зат. экон. *Ақшаның алынғанын (қабылданғанын) растайтын қолхаттан көшірме.*

**АМПЛИТРОН** зат. электр. *Тақ период, тақ сақиналық тежегіш жүйе пайдаланылатын, тұйық электрондық ағынды кері толқынның өте қуатты магнетрондық типті күшейткіші.*

**АМПЛИТУДА** [лат. amplitudo] зат. физ. *Тең салмақ басып тұрған толқымалы дененің ауытқуы, ауытқу мөлшері.*

**АМПЛИТУДАЛЫ** сын. инф. *Параметрлік өлшем.*

**АМПЛИТУДАЛЫҚ** сын. *Амплитудаға қатысты.*

**Амплитудалық детектор**. физ. *Радиоқабылдағыштарда амплитудалық модуляцияланған аралық жиіліктен төменгі жиіліктегі тербелісті бөліп алу үшін қолданылатын құрылғы.* **Амплитудалық шектегіш.** физ. *Кірісіне амплитудасы айнымалы тербеліс берілгенімен шығысында амплитудасы тұрақты кернеу алынатын құрылғы.*

**АМПЛУА** [франц. emploi] зат. өнер. *Әртістің табиғи мінезіне сай келетін кейбір рөлдер жиынтығы.*

**АМПУЛА** [лат. ampulla] зат. мед. *Дәрі сақталатын мойны жіңішке, шағын шыны ыдыс.*

**АМПУЛАЛЫҚ: ампулалық бездер**. зоол. анат. <лат. glandulae ampullares, glandula – без, ampulla – ампула> *Еркек жануарлар шәует жолының несеп-жыныс өзегіне ашылар алдыңғы ампула тәрізді кеңейген бөлігі қабырғасында кездесетін көпіршікті-түтікше бездер.* **Ампулалық қырлар**. анат. <лат. cristaeampullares, crista – қыр, ampulla – ампула> *Ішкі құлақ тепе-теңдік аппаратының ішкі жарғақты үш жарты иірімді түтікшелерінің жарғақты сопақша қапшықпен жалғасар соңғы бөлігінің ампула тәрізді кеңейген қабырғасының ішкі бетіне орналасқан қырлар.*

**АМПУТАЦИЯ** [лат. amputatio] зат. мед. *Адамның өмірі үшін қауіпті, емдеуге келмейтін дене мүшелерін (аяқ, қол) немесе органдарын (жатыр, сүт безі, тік ішек т.б.) кесу әдісі, хирургиялық операция.*

**АМУЗИЯ** зат. *Музыкалық қабілеттің жоғалуы.*

**АМФИБИЯ** [грек. amphibios] зат. **1.** зоол. ***Қосмекенділер***. **2.** көлік. *Құрлықпен де, сумен де қозғала алатын әскери немесе азаматтық көлік (танк, транспортер, автомобиль, ұшақ т.б).*

**АМФИБИОНТТАР** зат. биол. *Екі ортада – суда және құрғақта тіршілік етуге бейімделген ағзалар.*

**АМФИБОЛ** [грек. amphibolos] зат. хим. *Силикаттар құрамына кіретін минерал.*

**АМФИБОЛИТТЕР** зат. геол. *Әртүрлі метаморфты тау кендерінің жалпы атауы.*

**АМФИБОЛИЯ** [грек. amphibolia] зат. лингв. *Екі ұдай түсінуге болатын сөйлем.*

**АМФИД** зат. *Жұмыр құрттардың химиялық тітіркендіруді қабылдайтын мүшесі.*

**АМФИТЕАТР** [грек. amphitheatron] зат. өнер. **1**. көне. *Түрлі ойындар, гладиаторлар сайыстарын тамашалау үшін арнап салынған көне Римдік құрылыстар.* **2**. *Театрлардағы көрермендер залындағы партерден кейінгі биіктеу орындар және орындықтар тұрған театр залының бөлігі.*

**АМФИУМА** [лат. amphiuma means] зат. зоол. *Пішіні жыланбалыққа ұқсайтын, батпақты суларда мекендейтін құйрықты қос мекенділер отрядына жататын жәндік.*

**АМФОРА** [лат. amphora] зат. көркемөнер. *Кең бүйірлі, тік, қос тұтқалы, тар мойынды құмыра.*

**АНА**[1] зат. **1**. *Баланың туған шешесі; балалы әйел.* **2**. *Елге сыйлы, жасы үлкен әйел адам.* **3**. ауыс. поэт. *Негіз, түп, тамыр.*

**Ана Даңқы ордені.** тар. совет. *Кеңес дәуірі тұсындағы көп бала өсірген аналарға берілетін, үш дәрежелі орден.* **Анадан жаңа туған баладай.** *Кіршіксіз, таза, пәк.* **Ана сүті [сүтінің табы] аузынан [ернінен] кеппеген [кетпеген].** *Әлі бұғанасы қатпаған, өте жас, тәжірибесі жоқ.* **Ананың ақ сүтімен ант ету**. *Ана сүтімен серттесу.* **Ананың ақ сүтінен дарыған.** *Үлгі-тәрбие арқылы сіңген.* **Ананың алақанындай**. *Мейірімді, қамқор, шапағатты.* **Ана сүтімен кірген**. *Қанына сіңген, сүйекке сіңген, әдетке айналған, әбден қалыптасқан.* **Ана сүтімен [қанына, бойына] сіңген [біткен]**. *Туғаннан әдетке айналдырған, сіңісті болған, кішкентайынан қалыптасқан, дағдыланған.* **Ана сүтін ақтады**. *Анасын риза етті, сенімінен шықты.* **Ана сүтін аттады**. *Анасына қарсы шықты, опасыздық жасады.* **Анасы басқа жұрттар**. *Бөтен ел, жат жұрт.* **Ана тілі.** а) *Әр адамның туған тілі, әр ұлттың өз тілі.* ә) лингв. *Ересектердің сөйлеуіне еліктеу жолымен баланың сәби кезінде меңгерген, ана сүтімен бойына дарыған тілі.* б) *Этностың (ұлттың, халықтың) өзімен теңдестірілген тілі.*

**АНА**[2] есім. *Сонау, ана бір, анау.*

**Ана күн.** *Өткен уақытта, бұрынғы кез.*

**АНАБАЗИН** [грек. anabasis] зат. хим. *Жапырақсыз бұлдіргенде және темекіде кездесетін алкалоид, итсигектен алынатын улы зат.*

**Анабазин сульфаты**. хим. *Күңгірт қоңыр, майлы, сұйық зат.*

**АНАБАС** [лат. anabas scandens] зат. зоол. *Үндістанда, Бирмада, Филиппин аралдарындағы тұщы суларда таралған алабұға тәрізділер отрядының лабиринтті тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

**АНАБИОЗ** [грек. anabiosis] зат. биол. *Сыртқы жағдайдың өзгеруіне, қолайсыздыққа байланысты тірі ағзадағы тіршілік қабілетінің уақытша тоқырауы, әлсіреу құбылысы.*

**АНАБОЛДАНУ** [грек. anabole] зат. биол. *Тірі ағзалардағы жасушалар мен тіндердің құрылымдық бөліктерін түзуге, жаңартуға бағытталған химиялық процестердің жиынтығы, анаболизм.*

**АНАБОЛИЗМ** зат. биол. ***Анаболдану***.

**АНАГЕН** [грек. ana – қайтадан, кері, genesis – шығу, шығу тегі] зат. биол. *Жануарлар тері түктері өсу айналымының (циклінің) кезеңі.*

**АНАҒҰРЛЫМ** үст. *Әлдеқайда, едәуір, соншама, біршама, айта қаларлықтай.*

**АНАДА** үст. *Өткенде, әнеугүні, сонда, сол кезде, ана бірде.*

**АНАДАҒЫ** үст. *Өткендегі, әнеугі, сондағы.*

**АНАДАҒЫДАЙ** сын. *Анадағы сияқты, анадағы тәрізді, сондағыдай.*

**АНАДАЙ**[1] сын. **1**. *Ана сияқты, ана тәрізді.* **2**. *Мейірімді, жылуға толы.*

**АНАДАЙ**[2] есім. *Анау сияқты, анау секілді.*

**АНАДАЙ**[3] үст. *Алыста, қашықта, сонау жерде, әудемде.*

**АНАДАЙ-МЫНАДАЙ** сын. *Алуан түрлі, сан алуан, әркелкі, анаған-мынаған ұқсас.*

**АНАЖАН** зат. экспр. **1**. *Анасына еркелеу, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш.* **2**. *Ананы құрметтеу, қастер тұту нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**АНАЙЫ** сын. **1**. *Тұрпайы, өрескел, дөрекі.* **2**. *Қарапайым, жұпыны.* **3**. лингв. *Есімдіктің сыпайы тұрпатына қарсысы.*

**АНАЙЫЛЫҚ** зат. *Тұрпайылық, өрескелдік, дөрекілік.*

**АНАКОЛУФ** [грек. anakoluthos] зат. лингв. *Стилистикалық тәсіл ретінде немесе байқаусызда пайда болатын сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұрғыда үйлеспеуі.*

**АНАКОНДА** [исп. anaconda] зат. зоол. *Айдаһар тұқымдасына жататын ең үлкен жылан.*

**АНАЛА=** ет. көтеріңкі. *Ана деп даусырау, ана деп айқайлау, анасын іздеу, ана-ана деу.*

**АНАЛАС** сын. *Анасы бір, бір анадан туған.*

**АНАЛГЕЗИЯ** [лат. analgesia] зат. мед. *Ауру сезімінің жойылуы, сезбеушілік.*

**АНАЛИЗ** [грек. analysis] зат. хим. **1**. *Бір заттың құрамын анықтау, айқындау, талдау.* **2**. *Бір нәрсені, құбылысты ғылыми түрде жан-жақты зерттеу әдісі.*

**АНАЛИЗАТОР** зат. биол. ***Талдағыштар***.

**АНАЛИЗДЕ=** ет. *Анализ жасау, талдау.*

**АНАЛИЗДЕУ** *Анализде етістігінің қимыл атауы.*

**АНАЛИЗДІК** сын. *Анализге тән.*

**АНАЛИТИК** зат. *Түрлі анализдер жасайтын маман, талдаушы.*

**АНАЛИТИКАЛЫҚ** сын. *Аналитикаға тән.*

**Аналитикалық байланыс [тәсіл].** лингв. *Сөздердің қосымшаларсыз байланысу әдісі.* **Аналитикалық геометрия**. геом. *Геометрияның қарапайым геометриялық бейнелерді алгебралық амалдар арқылы зерттейтін бөлімі.* **Аналитикалық модель**. мат. *Жүйенің не оның жеке құрауыштарының математикалық сипаттамасы.* **Аналитикалық тілдер**. лингв. *Сөйлем құрамындағы сөздер бір-бірімен өзара шылаулардың көмегімен немесе сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысатын тілдер тобы.* **Аналитикалық философия**. филос. *Батыс философиясында XX ғасырда пайда болған бағыт.* **Аналитикалық форма**. лингв. *Негізгі сөзге көмекші сөздің тіркесуі арқылы жасалатын сөз формасы.* **Аналитикалық функция**. мат. *Дәрежелік қатар түрінде өрнектелетін функция.* **Аналитикалық химия**. хим. *Заттардың химиялық құрамын анықтау әдістері туралы ғылым.*

**АНАЛОГИЯ** [грек. analogia] зат. фил. *Заттың, құбылыстың, ұғымның ортақ белгілерінен, қасиеттерінен пайда болатын ұқсастық, үйлестік, сәйкестік.*

**АНАЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Аналогияға негізделген, аналогияға тән.*

**АНАЛОГТІК** сын. физ. *Амплитуда, жиілік, фаза тәрізді үздіксіз өзгеріп тұратын физикалық шамалар арқылы ақпарат беру әдісі.*

**АНАЛОГТЫҚ** сын. сөйл. *Барабар жасалған, ұқсас.*

**АНАЛЫ** сын. *Анасы бар, шешелі.*

**АНАЛЫ-БАЛАЛЫ** сын. *Анасы мен баласы.*

**АНАЛЫҚ**[1] сын. *Анаға тән.*

**Аналық қамқорлық**. *Анаға тән мейірім, шапағат.* **Аналық қауым**. тар. <лат. mater – ана, грек. arche – билік> *Қоғамдық және шаруашылық өмірде, отбасында әйелдің рөлінің басымдылығымен сипатталатын аталық дәуірдің алдындағы алғашқы қауымдық құрылыстың бір дәуірі.* **Аналық махаббат**. *Анаға тән мейірім, ыстық ықылас.* **Аналық сезім**. *Ананың балаға деген махаббаты, мейірімі.*

**АНАЛЫҚ**[2] зат. зоол. *Төлдейтін ұрғашы мал, жан-жануар.*

**АНАЛЫҚ**[3] зат. бот. *Өсімдіктердің көбеюіне қатысатын ұрықтанатын, аталыққа қарсы мүшесі.*

**Аналық без**. анат. <лат. ovarium> *Аналық тұқым жасушасы дамитын жыныстық қос без.* **Аналық тұқым жасушасы**. биол. <лат. ovum – жұмыртқа, грек. kytos – жасуша> *Аталық тұқым жасушасымен қосылып, жануарлар мен өсімдіктердің көбеюіне қатысатын жыныстық тұқым жасушасы.*

**АНАЛЬГЕТИКТЕР** [грек. analges] зат. мед. *Ауырғанды басатын, жеңілдететін дәрілер.*

**АНАЛЬГИН** [грек. analges] зат. мед. *Ауруды жеңілдететін, қабынуға қарсы қолданылатын және дене қызуын төмендететін дәрі.*

**АНАМНЕЗ** [грек. anamnesis] зат. **1.** мед. *Науқастың күнделікті өмір сүру ерекшеліктері, сондай-ақ аурудың басталуы және даму барысы туралы дәрігерге берген деректері.* **2.** вет. *Мал ауруын анықтауда үлкен мәні бар, сұрастырып білетін алғашқы мәліметтер.*

**АНА-МЫНА** есім. сөйл. ***Анау-мынау***.

**АНАНАС** [исп. ananas] зат. өс. **1**. *Ыстық жақтарда өсетін жеміс ағашы.* **2**. *Осы өсімдіктің жұпар иісті, сары түсті жемісі.*

**АНАНДАЙ** үст. сөйл. ***Анадай***.

**АНАПЛАЗИЯ** [грек. ana – кері, plasma – түзілім] зат. мед. *Қатерлі ісік жасушаларының құрылымы мен биологиялық қасиеті бұзылуы, өзгерген күйі.*

**АНАПЛАЗИЯЛЫҚ** сын. мед. *Анаплазияға қатысты.*

**АНАПЛАЗМОЗ** [грек. anaplasma] зат. вет. *Ірі қара, жылқы, қой, түйе сияқты мал, ақбөкен, арқар сияқты аңдар ұшырайтын кесел.*

**АНАР** [ир. انار] зат. **1**. өс. <лат. punica> *Оңтүстікте өсетін бұта тәрізді жеміс ағашы, субтропикалық өсімдік.* **2**. *Осы ағашқа шығатын қабығы қалың, ішінде қызғылт мөлдір, қышқыл дәмді шырыны бар жеміс.* **3**. бейн. *Әйелдің төсі.*

**Анары кеудесіне сыймады.** бейн. *Әйел адамның шығыңқы омырауы туралы.*

**АНАРГҮЛ** зат. бот. *Анар ағашының гүліне ұқсас, хош иісті қызыл гүл.*

**АНАРДАЙ** сын. *Анар сияқты қып-қызыл.*

**АНАРТАС** зат. геол. <лат. granatus> *Түсі сары, қызыл, жасыл, шыны секілді, кейде алмастай жылтыр болып келетін минералды тастар тобы.*

**АНАРТРИЯ** зат. мед. *Сөзді анық айта алмаушылық.*

**АНАРХИЗМ** [грек. anarchia] зат. саяси. *Кез келген мемлекеттік билікті жеке адамның мойындамауын уағыздайтын әлеуметтік саяси ағым; биліксіздік, басқарусыздық.*

**АНАРХИСТ** зат. саяси. *Анархияны жақтаушы, анархияшыл.*

**АНАРХИСТІК** сын. *Анархизмге тән, сондай сипаты бар.*

**АНАРХИЯ**[1] [грек. anarchia] зат. саяси. *Ұйымдасқан басшылықтың жоқтығы, бейберекетсіздік, бетімен кетушілік.*

**АНАРХИЯ**[2] зат. саяси. **1.** *Жекелеген адамдар мен топтардың басшылыққа бағынбауы және соның салдарынан туған тәртіпсіздік.* **2.** *Ұйымдасқан басшылықтың жоқтығы, бейберекетсіздік, бетімен кетушілік.*

**АНАРХИЯЛЫҚ** сын. *Анархия тән, анархияға қатысты.*

**Анархиялық синдикализм.** саяси. *Қоғамның социалистік қайта құрылуында шешуші рөлін мойындайтын жұмысшылар қозғалысындағы ағым.*

**АНАРХИЯШЫЛ** сын. *Анархияны қолдайтын.*

**АНАРШЫҚ** зат. өс. *Биік болып өсетін, жалпақ жапырақты өсімдік.*

**АНАСТЕЗИН** зат. хим. *Суық суда ерімейтін, бірақ спиртте, эфирде және сұйық майларда жақсы еритін иісі жоқ ақ ұнтақ дәрі.*

**АНАСТОМОЗ** зат. мед. *Қуыс ағза мүшелері арасында жасанды немесе паталогиялық жолмен орнаған байланыс, жалғасым.*

**АНАСТОМОЗИТ** зат. мед. *Жасанды жалғама салған жердің қабынуы.*

**АНАСЫЗ** сын. *Анасы жоқ, шешесіз.*

**АНАСЫЗДЫҚ** зат. *Анасы жоқтық, жетімдік.*

**АНАТЕК** зат. тар. ***Матриархат***.

**АНАТЕКСИС** зат. геол. *Тау жыныстары жарым-жартылай балқып, магмаға айналатын ультраметаморфтану процесі.*

**АНАПТИКСА** зат. лингв. *Екі дауыссыз дыбыстың арасында тұрған дауысты дыбыстың жеңіл айтылу құбылысы.*

**АНАТОКСИН** [грек. ana – сияқты, ұқсас, toxikon – у] зат. мед. *Дифтерия ауруына қарсы егетін дәрі.*

**АНАТОМ** зат. *Анатомия маманы.*

**АНАТОМИЯ** [грек. anatome] зат. биол. *Ағзаның құрылысын зерттейтін биологиялық морфология ғылымының бір саласы.*

**АНАТОМИЯЛЫҚ** сын. *Анатомияға тән, анатомияға қатысты.*

**АНАУ** есім. *Алыс қашықтықтағы затты, құбылысты меңзеп көрсету үшін қолданылатын сөз.*

**«Анау бөлен, мынау түген болды» деді.** *Күндеді, іштарлық етті.* **Анау жылы.** *Екі-үш жыл бұрын.*

**АНАУ-МЫНАУ** есім. **1**. *Оны-мұны, олпыл.* **2**. *Майда-шүйде, жеңіл-желпі, ұсақ-түйек.* **3**. *Кім көрінген, кезкелген.*

**Анау-мынау емес.** *Оңай (жеңіл) тірлік, мерзім, іс т.б. емес.*

**АНАФАЗА** [грек. ana – қарсы, phasis – пайда болу, шығу] зат. биол. *Жасушаның күрделі (митоздық) бөлінуінің үшінші сатысы.*

**АНАФЕМА** [грек. anaiheta] зат. діни. *Құдай атынан айтылатын шіркеулік қарғыс.*

**АНАФИЛАКСИЯ** [грек. ana – қайта, aphylaxis – қорғансыз] зат. мед. *Адам ағзасында өте тез белгі беретін аллергиялық реакция.*

**АНАФОРА** [грек. anaphora] зат. әдеб. *Өлеңнің әр жолы ылғи бір сөзден басталу тәсілі, бірыңғай бастамалар.*

**АНАХРОНИЗМ** [грек. anachronismos, ana –кері, артқа, қарама-қарсы, chronos – уақыт] зат. *Белгілі бір дәуірде болған оқиғаларды қателесіп немесе шартты түрде басқа бір дәуірге телу.*

**АНАШ** зат. эмоц. *Ана сөзін қастерлеу мәнінде айтылатын атауыш.*

**АНАША** зат. сөйл. *Жабайы қарасораның жапырағында, гүлінде, гүл тозаңында болатын адамға қатты әсер ететін, есірткі түрінің атауы.*

**АНАЭРОБ** [грек. an – сыз, сіз, емес, aer – ауа, bios – тіршілік] зат. биол. *Оттексіз ортада өсіп-өніп, тіршілік ететін ағзалар.*

**АНАЭРОСТАТ** зат. биол. *Микроб өсіретін ортадан ауаны механикалық жолмен ығыстырып шығару үшін қолданылатын аспап.*

**АНБАР** зат. зоол. *Сырт тұлғасы газельге ұқсас, жүні қалыңдау, құйрығы мен аяғы газельдікіндей, мүйізі жоқ, ұзындығы үш елідей, үстіңгі екі азу тісі төмен, астыңғы екі азу тісі жоғары қараған сұлу аң.*

**АНБИЯ** зат. сөйл. ***Әмбие***.

**АНГАР** [франц. hangar] зат. авиац. *Ұшақтардың тұрағы.*

**АНГИДРИДТЕР** [грек. an – сыз, сіз, емес, hydor – су] зат. хим. *Құрамында оттегі бар, сумен қосылғанда қышқыл шығаратын тотық.*

**АНГИДРИТ** [грек. an – сыз, сіз, емес, hydor – су] зат. геол. *Түсі ақ, көгілдірлеу, тау шоғырларында ұшырасатын, цемент дайындауға және сәндік материал ретінде қолданылатын минерал, сусыз кальций сульфаты.*

**АНГИДРОЗ** [angyidrosis, грек. an – сыз, сіз, емес, hidros – тер] зат. мед. *Терсіздік, тер шықпау, тер бездерінің қызметінің бұзылуынан не олардың жетілмей қалуынан тер шықпай қалу ауруы.*

**АНГИНА** [лат. angina] зат. мед. ***Баспа***.

**АНГИОЛОГИЯ** [грек. angeion – қан тамыры, logos – ілім] зат. мед. *Қан жүру және лимфа жүйесін зерттейтін анатомияның бір бөлімі.*

**АНГИОМА** [грек. angeion – тамыр, oma –

ісік] зат. мед. *Қан тамырлар мен лимфаларда болатын қатерсіз ісік.*

**АНГЛЕЗИТ** [франц. anglaisite] зат. геол. *Түсі ақ және сұр болып келетін, галениттің тотығуы кезінде түзілетін минерал, қорғасын өндіретін руда.*

**АНГЛОКАТОЛИЦИЗМ** зат. діни. *XVII-XVIII ғасырларда пайда болған англикандық шіркеулер арасындағы бағыт.*

**АНГЛО-САКСОН** сын. **1.** *V ғ. бастап Англияны мекендеген англ және сакс тайпаларына және жалпы орта ғасырдағы Англияның тілі мен мәдениетіне қатысты.*

**АНДА**[1] зат. жерг. *Дос, жолдас.*

**АНДА**[2] үст. *Ана жақта, анау жерде.*

**АНДА=** ет. *Қаптау, ентелеу, қоршау.*

**АНДАҒАЙЛА=** ет. **1**. *Тұс-тұстан, жан-жақтан андыздап қаптау.* **2**. *Сирек көріну, шашырап шығу.* **3**. *Асығып, аптығып жүгіру.*

**АНДАҒЫ-МҰНДАҒЫ** сын. сөйл. *Жан-жақтағы, баршасы.*

**АНДАЗА** сын. көне. ***Оқтаулы***.

**АНДАЙ-МҰНДАЙ** сын. *Ұсақ-түйек, майда-шүйде, ол-пұл.*

**АНДАЛА=** ет. *Тұс-тұстан қаумалау, қоршау.*

**АНДАЛАТ=** ет. *Қаумалату, қоршату.*

**АНДАЛАТУ** *Андалат етістігінің қимыл атауы.*

**АНДАЛАУ** *Андала етістігінің қимыл атауы.*

**АНДАЛУЗИТ** зат. мин. *Сұр, сары, қоңыр, қызғылт, қызыл, жасыл түсті болатын, жылтыр келген ірі кристалдардан тұратын минерал ($Al_2 [SiO_4]O$).*

**АНДА-МҰНДА** үст. *Жан-жаққа, әр жерге.*

**АНДАҚ-МҰНДАҚ** сын. *Анау-мынау, андай-мұндай.*

**АНДА-САНДА** үст. *Оқта-текте, ілуде, әлсін-әлсін, уақ-уақ, арасында.*

**АНДАТ=** ет. *Қаптату, ентелету, қоршату, қаумалату.*

**АНДЕЗИТ** зат. геол. *Эффузиялық, яғни жанартаулар көмейінде төгілген лавалардың қатаюы нәтижесінде қалыптасатын, Оңтүстік. Америкадағы Анд тауының атына байланысты атау алған магмалық тау жынысы.*

**АНДЕЗИТ-БАЗАЛЬТ** зат. геол. *Химиялық және минералдың құрамы андезит пен базальттың аралығына сәйкес келетін эффузиялық таужыныс.*

**АНДЕЗИТТІК** сын. геол. *Андезитке қатысты, андезитпен байланысты.*

**АНДЕРРАЙТЕР** [ағыл. underwriter] зат. экон. *Сақтандыру компаниясының тәуекелдік түрлерін сақтандыруға немесе қайта сақтандыруға қабылдайтын уәкілдік тұлғасы.*

**АНДЕРРАЙТИНГ** [ағыл. underwriting] зат. экон. *Инвестициялық компаниялардың, банктердің, ірі делдалдық фирмалардың жаңа шығарылған бағалы қағаздарды бастапқы рынокке орналастырудың кең таралған әдісі.*

**АНДРАГОГИКА** [грек. andros – ересек адам, agoge – басшылық, тәрбие] зат. пед. *Ересектерге білім беру, оқыту және тәрбиелеудің теориялық және практикалық мәселелерін қамтитын педагогика саласы.*

**АНДРОГИН** [грек. andros – еркектік, genos – әйелдік] зат. миф. *Адамдардың арғы тегіндегі еркектік және әйелдік жыныстық белгілер бірдей тән болған немесе мүлде жыныстық белгілері болмаған мифтік тіршілік иелері.*

**АНДРОГИНДІК** сын. миф. *Андрогинге қатысты.*

**АНДРОГИНИЯ** [лат. andros – еркектік, gynos – әйелдік] зат. *Өз бойына ер адамға да, әйел адамға да тән қасиеттерді қатар үйлестірушілік.*

**АНДРОИД** [ағыл. androides] зат. инф. *Адамтектес робот, портативті элктроникадағы операциялық жүйе.*

**АНДЫЗ**[1] зат. өс. <лат. inula> *Тауда өсетін, мал жейтін, ұзын сабақты көпжылдық кейде біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АНДЫЗ**[2] зат. сөйл. ***Аюқұлақ***.

**АНДЫЗ**[3] зат. өс. *Иір.*

**АНДЫЗДА=** ет. **1.** *Бытырай қаптау, топ-топ болып көріну.* **2**. ауыс. *Бір-бірімен жарысып, ентелеу.*

**АНДЫЗДАТ=** ет. *Бытырай қаптату, топ-топ етіп көрсету.*

**АНДЫЗТАМЫР** зат. өс. сөйл. ***Иіртамыр.***

**АНДЫР** зат. өс. *Тауда қармен, ұсікпен араласа өсетін, күзде гүлдейтін тікенді өсімдік.*

**АНЕВРИЗМА** [грек. aneurisma] зат. мед. *Күре тамыр (артерия) қабының кеңейіп қалталануы.*

**АНЕКДОТ** [франц. anecdote] зат. **1**. *Өмірдегі оғаш оқиға, оғаш қылықтар жайындағы күлдіргі, қысқа ғана ауызекі әңгіме.* **2**. әдеб. *Қысқа, күлдіргі әңгіме түріндегі фольклордың барлық кезеңдеріне тән өміршең жанр.*

**АНЕКДОТТЫҚ** сын. *Күлкілі, күлдіргі.*

**АНЕМИЯ** [грек. an – сыз, сіз, емес, haima – қан] зат. мед. ***Қаназдық***.

**АНЕМОМЕТР** [грек. anemos – жел, metron – өлшем] зат. *Желдің жылдамдығы мен бағытын өлшеуге арналған аспап.*

**АНЕМОМЕТРИЯ** зат. метеор. *Желдің жылдамдығы мен бағытын өлшейтін ғылым.*

**АНЕМОЛИТТЕР** [грек. anemos – жел, lithos – тас] зат. геол. *Жанартау күлдерінен тұратын, сырты қатты қабыршақпен қапталған, құрамына су молекулаларын кіріктіретін жанартау аттпасы.*

**АНЕМОФИЛИЯ** зат. бот. *Өсімдіктердің жел арқылы тозаңдану процесі.*

**АНЕРГИЯ** [грек. an – болымсыздық көрсеткіші, ergon – жұмыс, әрекет] зат. мед. *Ағзаның ауру қылатын әсеріне, тітіркеніске ағзаның жауап қайтармауы, активті әрекеттің болмауы.*

**АНЕРОИД** [грек. a – жоқ, емес, nerys – су] зат. физ. *Атмосфералық қысымдағы өзгерісті көрсететін аспап, барометрдің бір түрі.*

**АНЕРОКСИЯ** зат. мед. *Тәбетсіздік, тәбеті жоқтық.*

**АНЕСТЕЗИОЛОГ** [грек. an – сыз, сіз, емес, aisthesis, logos – ілім] зат. мед. *Операция жасалатын ауруға жансыздандыратын дәрі беретін, наркоз кезінде оған дәрігерлік көмек көрсететін медицина қызметкері.*

**АНЕСТЕЗИОЛОГИЯ** [грек. an – сыз, сіз, емес, aisthesis] зат. мед. *Адам ағзаларын уақытша жансыздандыру мәселелерін зерттейтін клиникалық медицина ғылымының саласы.*

**АНЕСТЕЗИЯ** [грек. an – сыз, сіз, емес, aisthesis] зат. мед. *Адам ағзасының уақытша жансыздандырылуы.*

**АНЖАЛ** зат. *Жабдық, керек-жарақ.*

**АНЖАМ** зат. көне. *Қару-жарақ, сауытсайман.*

**АНЖЫ** зат. *Дәріге малынған қыл.*

**АНЖЫМА** зат. *Ердің қапталына орнатылған дөңгелек темірлі шығыршық.*

**АНЖЫР** зат. сушар. *Диаметрі бірнеше елі болатын ақ түсті, іркілдек, жөкеге ұқсас мұз кесекшелерінің жиынтығы.*

**Анжыр жүруі**. сушар. *Су ағынының бетіндегі анжыр қозғалысы.* **Анжыр кептемесі**. сушар. *Көктемгі сең жүру кезіндегі және мұзқұрсақ бастаулар алдында өзеннің қимасын су іші мұзы мен анжыр массаларының кептеп тастауы.* **Анжыр қашыртқы**. сушар. *Суқабылдағышта және оған жетер бастауда, тұндырғыштарда анжырмен күресу үшін орнатылған құрылыс.*

**АНЖЫРЛАН=** ет. *Қалың қатпарлану, бірнеше қатпар басу.*

**АНЖЫРЛАНУ** *Анжырлан етістігінің қимыл атауы.*

**АНИЗОГАМИЯ** [грек. anisos – тең емес, gamos – неке] зат. *Гаметалардың түрлі болуы, жыныстық көбеюдің бір түрі.*

**АНИЗОТРОПИЯ** [грек. anisos – тең емес, tropos – бағыт] зат. **1**. физ. *Дененің өз ішіндегі физикалық (механикалық, оптикалық, электрлік) қасиеттерінің әр бағытта біркелкі болмауы.* **2**. геол. *Таужыныстар мен минералдардың физикалық қасиеттерді түрлі бағытта түрліше иемденуі.*

**АНИЗОТРОПТЫ**: **анизотропты таужыныс**. *Механикалық, оптикалық және тағы басқадай қасиеттері әртүрлі бағытта бірдей болатын таужыныс.*

**АНИЗОТРОПТЫҚ** сын. физ. *Бойлас бағыттарда ұқсас қасиеттерді, ал өзге бағыттарда мүлде өзгеше қасиеттерді иемдену қабілеті бар.*

**АНИЛИН** [порт. anil] зат. хим. *Бензолдан алынатын, түрлі бояулар жасайтын, түссіз немесе сарғылт түсті, өзіне тән иісі бар сұйық зат.*

**АНИМАЛИЗМ** [лат. animal] зат. өнер. *Діни наным-сенімде жануарларға табыну, жануарлар культі, зоолария.*

**АНИМАЛИСТ** зат. өнер. *Жануарларды бейнелейтін суретші және мүсінші.*

**АНИМАЛИСТІК** сын. өнер. *Анимализмге тән, анимализмге қатысты.*

**Анималистік жанр.** өнер. *Графикадағы, кескіндеме, мүсіндегі жан-жануарлар бейнесін өрнектеумен ерекшеленетін мәнер.*

**АНИМАТОР** [лат. animator] зат. **1.** *Мультипликациондық фильмдерді жасайтын маман***.** **2.** *Сан қилы іс-шараларда әртүрлі кейіпкерлерді көрсететін, қонақтарды қарсы алу мен олардың көңіл-күйін көтеру қызметін атқаратын әртіс.*

**АНИМАЦИЯ** зат. тех. *Қозғалыстың түрлі кезеңіне сәйкес кескіндер тізбегін экранда жылдам көрсету арқылы дене қозғалысы динамикасын бейнелеу тәсілі.*

**АНИМИЗМ** [лат. anima, animus] зат. филос. *Жан мен рухтың мәңгілігіне сену.*

**АНИМИСТІК** сын. ***Анималистік***.

**АНИОН** [грек. anion] зат. физ. *Бір немесе бірнеше атомнан тұратын теріс зарядты бөлшектер.*

**АНИОНДЫ** сын. *Аниону бар.*

**Анионды жинағыш**. кен. *Бағалы минералдар бетіне адсорбцияланып, олардың сулануын азайтатын жинағыш реагенттер молекулаларындағы көмірсутек тізбегінің құрамына кіретін органикалық қосылыстар.*

**АНИС**[1] [грек. anison] зат. өс. **1.** *Жемісінде эфир майы бар, шатыршалар тұқымдасына жататын хош иісті біржылдық өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктен жасалған түссіз, сұйық дәрі.*

**АНИС**[2] зат. бот. *Алманың күздік сорты.*

**АНКЕР** [нем. anker] зат. тех. *Мәшинені белгілі жерге бекітіп тұратын темір бұранда, құрсау.*

**АНКЕТ** зат. сөйл. ***Сауалнама***.

**АНКЕТА** [франц. enquete] зат. ***Сауалнама.***

**АНКИЛОСТОМА** зат. мед. *Адам ішегіне дөңгелек құрт енуінен болатын ауру.*

**АНКИЛОСТОМОЗ** зат. *Ит және т.б. етқоректілердің ішқұрт ауруы.*

**АНКЛАВ** [франц. enclave] зат. тар. *Белгілі бір мемлекет жерінің басқа бір мемлекеттің немесе бірнеше мемлекеттің қоршауында тұрған бөлігі.*

**АННАЛ** [лат. annales] зат. тар. *Ежелгі дүние мен орта ғасыр елдерінің жылнамасы, тарихи шығарманың көне түрі.*

**АННЕКСИЯ** [лат. ad nectere] зат. саяси. *Бір мемлекеттің жерін немесе жерінің бір бөлігін екінші бір мемлекеттің зорлықпен немесе заңға қайшы жолмен өзіне қосып алу әрекеті.*

**АННИГИЛЯЦИЯ** [лат. annihitatio] зат. физ. *Позитронмен электрон кездескенде, екеуінің де жойылып кетуі.*

**АННОТАЦИЯ** [лат. annotatio] зат. ***Аңдатпа***.

**АННУЕТАНТ** [лат. annuitos] зат. экон. *Кіріс көзі ретінде жыл сайын рента алушы адам.*

**АННУИТЕТ** [нем. Annuitat] зат. экон. *Борыш пен өсім төлемі жылма-жыл өтелетін мерзімдік мемлекеттік қарыз; рента, тұрақты түсіп отыратын төлемдер.*

**АННУЛЯЦИЯ** [лат. annulatio] зат. экон. *Бағалы қағазды жоғалған жағдайда жарамсыз деп жариялау.*

**АНОД** [грек. anodos] зат. физ. *Оң зарядты электрод.*

**АНОЗОГНОЗИЯ** [лат. anosognosia] зат. психол. *Кінәратты немесе ауруды танып білгісі келмеушілік немесе қабілетсіздік және өзін осыған сәйкес ұстаушылық (біреудің қайсыбір кінәраттан жапа шегіп жүргенін түсіну қабілетінің болмауымен сипатталатын неврологиялық кінәраттылық).*

**АНОКСИЯ** [грек. an – болымсыздық көрсеткіш, oxygenium – оттегі] зат. мед. *Жеке ағзаларда, ұлпаларда және жалпы ағзада оттегінің жоқтығы.*

**АНОМАЛДЫ** сын. терм. *Жалпы заңдылық жүйесінен, қалыпты жағдайдан, даму үрдісінен ауытқуы болатын, ауытқуы бар.*

**Аномалды балалар**. пед. *Қалыпты физикалық не психологиялық дамудан ауытқуға душар болғандықтан, арнайы жағдайларда тәрбиеленіп, оқытуды қажет ететін балалар.*

**АНОМАЛИЯ** [грек. anomalia] зат. **1**. терм. *Жалпы заңдылық жүйесінен, қалыпты жағдайдан ауытқушылық.* **2.** мед. *Іштегі нәресте дамуының бұзылуы салдарынан ағзаның құрылымында кездесетін вариациялық өзгерістердің шектен шығып, тұрақты морфологиялық ауытқуларға ұшырауы.* **3**. геогр. *Табиғаттағы құбылыстың әдеттегі немесе теория бойынша болжанған шамадан күрт ауытқуы.*

**АНОМИЯ** [франц. anomie] зат. **1.** психол. *Есімдерді еске түсіру қабілетінің ішінара не толық жоғалуы (термин бұл мағынасында афазиялық және амнезиялық синдромдарды белгілеу үшін ғана қолданылады, баршаға мәлім әдеттегі жағдайлар үшін пайдаланылмайды).* **2.** мәд. *Қоғамның құндылықтар жүйесіндегі түбегейлі дағдарыстарды білдіретін ұғым.* **3.** құқық. *Қоғамның немесе оның бір бөлігінің заңдық-құқықтық, нормативтік актілердің бар екендігін біле тұра, оларды орындаудан бас тартатын немесе немқұрайды қарайтын сәті.*

**АНОНИМ** [грек. anonymos] зат. *Әдеби шығарманың, хаттың, жеке мақаланың авторының аты-жөні көрсетілмеуі, белгісіз болып қалуы.*

**АНОНС** [франц. annonce] зат. *Алдағы шаралар туралы алдын-ала хабарлама, жариялама.*

**АНОПТИХТ** [лат. Anoptichthys jordani] зат. зоол. *Мексиканың үңгірлеріндегі көлдерді мекендейтін, тұқы тәрізділер отрядының харациндер тұқымдасына жататын соқыр балық.*

**АНОРГАНИКАЛЫҚ** сын. хим. *Органикалық емес, бейорганикалық.*

**Анорганикалық қосылыстар**. *Химиялық элементтердің өзара және бір-бірімен байланысуынан туындайтын заттар.* **Анорганикалық химия**. *Химиялық элементтерді, солардан түзілетін жай және күрделі заттарды әрі олардың өзгеруін зерттейтін ғылым.*

**АНОРТОЗИТ** [франц. anorthose] зат. геол. *Негізінен плагиоклаздан тұратын тереңдік таужыныстардың жалпы атауы.*

**АНОТИЯ** [грек. a – болымсыздық қосымшасы, otos – құлақ] зат. мед. *Құлақ қалқанының жоқтығы.*

**АНОФЕЛЕС** [грек. anopheles] зат. зоол. ***Безгек маса***.

**АНСАМБЛЬ** [франц. ensemble] зат. **1**. муз. *Музыкалық шығарманы бірігіп орындайтын екі яки одан да көп әншілер немесе аспапта орындаушылар тобы.* **2**. *Қандайда бір тұтастықты құрайтын бөліктердің өзара үйлесімділігі, табиғи жарасымдылығы.*

**АНСАМБЛЬДІК** сын. *Ансамбльге тән.*

**АНСАН** сын. көне. *Оңай, жеңіл.*

**АНСАР** зат. **1**. діни. *Мұхаммед пайғамбарға көмекке келгендер.* **2**. *Меккеден Мединеге көшіп барған мұсылмандарға көмектескен аус және хазраж тайпалары.*

**АНСАРЫ** зат. діни. сөйл. ***Ансар*** *(Мұхаммед пайғамбарға көмекке келгендер).*

**АНСАТ** сын. көне. *Оңай, қиын емес.*

**АНТ** зат. **1**. *Қасиетті нәрсемен сендіру арқылы берілетін салтанатты түрдегі серт, уәде.* **2**. *Адалдыққа, заңға сәйкес әрекет етуге, қандай да бір міндеттемелерді орындауға салтанатты ресми түрде берілетін уәде.*

**Ант айтысты.** *Серт байласты, уәделесті.* **Ант алды**. *Сертін алды, уәдесін алды.* **Ант амансыз**. *Антсыз, уәдесіз, сөз байласпастан.* **Ант аралады**. *Уәдесі, серті бұзылды.* **Ант атсын [ұрып кетсін]**. экспр. қарғ. *Сөзіңде тұрмасаң, уәдеңді орындамасаң, сендірген қасиетті нәрсеңнен жаза тап деген мағынада.* **Ант аттады**. *Уәдені бұзды, сертте тұрмады.* **Ант атты [ұрды, соқты]**. *Құдай оңдырмады, қасиет тұтқан нәрсенің киесі ұрды, жазасын тартты, сазайын алды.* **Ант ауды**. *Серттескендердің бір жағы уәдесін орындамады, сертін бұзды.* **Ант байлады**. *Уәделесті, серттесті.* **Ант берді**. а) *Серт байлады, сөз байлады, уәде берді.* ә) *Қасиетті нәрселермен сендіріп салтанатты түрде серт берді.* б) *Адалдыққа, бар ынтасымен бір нәрсеге, біреуге қызмет етуге, қандай да бір міндеттемелер алуға ресми, салтанатты түрде уәде берді.* **Ант беруші**. *Серт иесі, уәде беруші жақ.* **Ант берісті**. *Сөз байласты, уәделесті, серттесті.* **Ант бұзды**. *Серттен тайды, уәдеде тұрмады.* **Ант етті**. а) *Қасиет тұтатын нәрсесі арқылы сендірді, бар ниетімен иландырады.* ә) *Адалдыққа, қандайда бір уәдесін, сөзін орындауға және т.б. салтанатты түрде серт берді.* **Ант жасады [қылды]**. *Қандай да бір нәрсені орындауға салтанатты түрде серт берді, уәде берді.* **Ант жұтты.** *Уәдесін орындамады, антын бұзды.* **Ант мезгіл**. сирек. *Өлер шақ.* **Антпен иман бекіді.** діни. *Аллаға, оның жалғыз Құдай екендігіне деген сенім ауызбен айтылған калима сөзбен және жүректе түйілген уәдемен бекітіледі.* **Ант салды**. *Уәдесін, сертін алды.* **Ант соқты**. *Оңбады, опық жеді.* **Анттан тайды**. *Уәдесінде, сертінде тұрмады, уәдесіз болды.* **Антты орындау**. *Берілген серттен таймай, мойнына салған міндеттемені түгел атқару.* **Ант шайқады**. *Сертін бұзды.* **Ант шықты**. *Оңбағандық, жексұрындық пайда болды.* **Антына берік**. *Уәдесін жерге тастамайтын, айтқанында тұра алатын, уәдесіне мықты.* **Антын ақтады**. *Айтқанын орындады, уәдесінде тұрды.* **Антынан айнымады**. *Уәдесінде тұрды, айтқанында тұрды, сөзіне беріктік танытты.* **Ант ішті**. *Қарғанып-сіленіп, қасиет тұтқан нәрсесін айтып сендірді.*

**АНТАБКА** [нем. Handhabe] зат. *Мылтық, автомат, тапанша сияқты қолға ұстап, иыққа асып жүретін қарудың бауын, қайысын бекітетін тетік.*

**АНТАБЛЕМЕНТ** [франц. entablement] зат. сәулет. *Ғимараттың бағана үстіндегі жоғарғы бөлігі.*

**АНТАГОНИЗМ** [грек. antagonisma] зат. филос. *Қарама-қарсылық (ымыраласпайтын, барынша шиеленіскен қайшылық).*

**АНТАГОНИСТ** [грек. antagonistes] зат. **1**. биол. *Басқа бір микроағзалардың тіршілік қабілетін баяулататын, кейде тіпті оларды қырып, жойып жіберетін микроағзалар.* **2**. саяси. *Антагонизмді жақтаушы.*

**АНТАГОНИСТІК** сын. *Антагонизмге тән.*

**Антагонистік қайшылық.** кіт. *Келіспейтін, ымырасыздық; дұшпандық.* **Антагонистік қоғам.** қоғ.-саяси. *Тап қайшылығы шиеленіскен қоғамдық құрылыс.*

**АНТАЛА=** ет. **1**. *Айнала қоршау, жан-жақтан қаптау.* **2**. *Ентелеу, кимелеу.* **3**. *Қаумалау.*

**АНТАЛАС=** ет. *Бірнеше адамның жан-жағынан қоршауы, қаптауы.*

**АНТАЛАСУ** *Анталас етістігінің қимыл атауы.*

**АНТАЛАУ** *Антала етістігінің қимыл атауы; қаумалау.*

**АНТАЛАШӨП** зат. өс. сөйл. ***Ойраншөп***.

**АНТАНТА** [франц. entente] зат. әск. *XX г. басында Англия мен Франция құрып, кейіннен Ресей, 1917 жылы АҚШ, Жапония және басқа да бірқатар капиталистік мемлекеттер қосылған империалистік мемлекеттердің әскери одағы.*

**АНТАТҚАН** сын. *Құдай оңдамаған, уәдесін бұзған (адам).*

**АНТБҰЗҒЫШ** сын. *Сертін, уәдесін орындамайтын, сөзінде тұрмайтын, антын аттап кеткіш.*

**АНТЕЙ** [грек. antaios] зат. миф. *Ежелгі грек мифологиясындағы алып.*

**АНТЕЙДЕЙ** сын. *Антей секілді, алып.*

**АНТЕКЛИЗА** [грек. anti – қарсы, klisis – еңіс] зат. геол. *Өзегі мен табаны іргетастық жыныстан құралып, қанаты шөгінді жыныспен бекітілген, беткейі мен төбесі ойықты боп келетін ауқымды қуыс күмбез.*

**АНТЕННА** [лат. antenna] зат. тех. *Радио, телехабар толқындарын қабылдайтын, тарататын, аппараттарға магнитпен немесе электрмен жалғастырылған сым және оны бекітуге арналған ұзын сырғауылдан тұратын құрылғы.*

**АНТЕННАЛЫ** сын. *Антеннасы бар, антенна қондырылған.*

**АНТЕННУЛАЛАР** зат. зоол. *Шаян тәрізділер мұртшаларының бірінші тобы.*

**АНТЕРИДИЙ** [грек. antheros] зат. бот. *Балдыр, саңырауқұлақ, мүк және папоротник сияқты споралы өсімдіктердің аталық жыныс мүшесі.*

**АНТЕРРИНУМ** [лат. antirrhinum] зат. бот. *Көпжылдық, жарық сүйгіш үй өсімдігінің бір түрінің атауы.*

**АНТЕТАН** зат. мед. *Алкогольге қарсы қолданылатын дәрі.*

**АНТЕЦЕДЕНТТІК** [лат. antecedentis] сын. геогр. *Бастапқы, ең алғашқы.*

**АНТИ...** [грек. anti – қарсы] лингв. *Сөздің басына жалғанып қарсылықты көрсететін қосымша.*

**АНТИАПЕКС** [грек. anti – қарсы, apex – шың] зат. астр. *Аспан сферасындағы апекске қарама-қарсы нүкте.*

**АНТИАРИТМИКАЛЫҚ** сын. мед. *Жүрек соғысының бұзылуын реттейтін, аритмикаға қарсы.*

**АНТИБАКТЕРИАЛДЫҚ** сын. биол. *Бактерияға қарсы қасиеті бар.*

**АНТИБАКТЕРИЯЛЫҚ** сын. биол. *Бактерияға қарсы.*

**АНТИБИОЗ** [грек. anti — қарсы, bios – тіршілік] зат. *Жеке дара организмдер мен популяциялар арасындағы өзара байланыс, организмнің өзінің бәсекелесінің дамуына теріс әсер етуі.*

**АНТИБИОТИК** [грек. anti – қарсы, bios – тіршілік] зат. мед. *Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларынан алынып, ауру қоздырғыш микроағзалардың өсуін, көбеюін тежейтін органикалық зат, дәрі.*

**АНТИБИОТИКАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Антибиотиктік***.

**АНТИБИОТИКТІК** сын. мед. *Антибиотик тән, антибиотигі бар.*

**АНТИБӨЛШЕК** зат. физ. *Бөлшектерге қарсы қойылатын бөлшектер немесе элементар бөлшектер.*

**АНТИВИРУС** [грек. anti – қарсы, лат. virus – у] зат. **1.** мед. *Микробқа қарсы ағзада пайда болатын ақуыздық зат.* **2.** инф. *Комьютер бағдарламаларының вирустарына қарсы, солардың залалсыздандыратын бағдарлама.*

**АНТИВИРУСТЫҚ** сын. мед. *Вирусқа қарсы.*

**Антивирустық бағдарлама**. инф. <ағыл. antivirus programm> *Компьютер бағдарламаларына зақым келтіретін вирустарды тауып, олардың кері әсерін (залалын) жоятын бағдарлама.*

**АНТИВИТАМИН** [ағыл. antuvitamin] зат. мед. *Құрылысы жағынан дәрумендерге ұқсас, бірақ биологиялық әрекеті оларға қарама-қарсы органикалық заттар.*

**АНТИГЕЛИЙ** [грек. anti – қарсы, грек. Helium] зат. физ. *Гелийге қарсы зат.*

**АНТИГЕЛЬМИНТИКТЕР** зат. мед. *Ағза денесінен паразит құрттарды қуып шығаруға пайдаланатын дәрілік заттар.*

**АНТИГЕН** [грек. anti – қарсы, genes – тек] зат. биол. *Жасуша мен қан құрамындағы антиденелер туғызатын ақуыз тектес бөгде зат.*

**АНТИГЕНДІК** сын. *Антигенге тән, соған ұқсастық.*

**АНТИГИСТАМИН** [ағыл. antihistamine] зат. мед. *Қан тамырларының кеңейіп кетуінен сақтайтын, дене қызуын басатын дәрі.*

**АНТИГИСТАМИНДІ** сын. *Антигистамині бар.*

**АНТИГЛОБАЛИЗМ** зат. саяси. *XX г. соңында пайда болған, төменнен азаматтар мүддесіне сай қимылдайтын әлеуметтік-саяси қозғалыс.*

**АНТИГЛОБАЛИСТ** зат. саяси. *Жаһандануға қарсы тұлға, жақ.*

**АНТИҒАЛАМДАСТЫРУШЫ** зат. кіт. *Ғаламдастыруға қарсылық білдіруші жақ.*

**АНТИДАРВИНИЗМ** зат. биол. *Эволюция теориясы (Ч.Дарвин) ілімінің негізіне қарсы теория.*

**АНТИДЕНЕ** зат. биол. *Басқа бір жануардың қанына антиген енгізілген кезде пайда болып, қанның сарысуына жиналатын зат.*

**АНТИДЕПРЕССАНТ** [грек. anti – қарсы, лат. deprimo – жаншу, басу] зат. мед. *Психиканың бұзылған кезінде қиналу сезімін басу үшін қолданылатын дәрілік зат.*

**АНТИДОТ** [грек. antidoton] зат. мед. *Ағзадан улы және улағыш заттарды шығаруға немесе зиянсыздандыруға септесетін қайтарғыш дәрі-дәрмек.*

**АНТИДҮНИЕ** зат. физ. *Антизаттан құралған болжалды ғарыштық нысан (жұлдыз не галактика).*

**АНТИЗАТ** зат. физ. *Антибөлшектерден құралған материя.*

**АНТИИМПЕРИАЛИСТІК** сын. *Империализм саясатына қарсы.*

**АНТИК** сын. тар. *Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим мәдениеті мен тарихына қатысты.*

**АНТИКА** [франц. antique] зат. ***Антик***.

**АНТИКАЛЫҚ** [франц. antique] сын. *Антикаға тән, антика дәуіріндегідей.*

**АНТИКАПИТАЛИСТ** зат. саяси. *Капиталистік құрылысқа қарсы тұлға.*

**АНТИКВАР** [лат. antiqus] зат. *Көне, ежелгі құнды заттарды жинаушы.*

**Антиквар ұйымдары**. *Антиквариат жинаумен айналысатын адамдар құрған қауымдастық.*

**АНТИКВАРИАТ** [лат. antiqvarius] зат. *Жәдігерлік, құнды заттар жиынтығы (сурет, кітап, зергерлік бұйым, жиһаз).*

**АНТИКВАРЛЫҚ** сын. *Антикварға арналған, антикварға жататын.*

**АНТИКЕҢЕСТІК** сын. саяси. *Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы.*

**АНТИКЛЕРИКАЛИЗМ** зат. саяси-қоғ. *Саяси және рухани өмірді, ғылым, мәдениет пен білім беруді дін мен шіркеудің билігінен азат етуге бағытталған қоғамдық қозғалыс.*

**АНТИКЛИН** [грек. anti – қарсы, klino – еңкейтемін] зат. геол. *Шөгінді, эффузиялық немесе метаморфтық таужыныстар бірлестігіне тән қат-қабаттардың өзара астасу пішіні.*

**АНТИКЛИНДІК** сын. геол. *Антиклинге тән.*

**Антиклиндік аңғар**. геол. *Антиклин қатпарларының дөңестерін бойлай созылатын аңғар.*

**АНТИКЛИНОРИЙ** [грек. anti – қарсы, klino – еңкейту, yros – тау, төмпешік] зат. геол. *Жер қыртысының ұзақ уақыт жоғары көтерілуінен геосинклиникалдық аймақтардағы ірі әрі қатпарлы қабаттардан құралған күрделі геологиялық құрылым.*

**АНТИКОАГУЛЯНТ** [грек. anti – қарсы, coagulans немесе coagulantis – ұю, ұйыту] зат. мед. *Қанның ұюын тежеп, тромбтың пайда болуына қарсы қолданылатын зат.*

**АНТИКОММУНИЗМ** [грек. anti – қарсы, франц. communisme – ортақ] зат. саяси. *Коммунистік қозғалыстардың, партиялардың, коммунизм теориясы мен тәжірибесіне белсенді қарсы күрес идеологиясы, сая саты, тәжірибесі.*

**АНТИКОММУНИСТІК** сын. *Антикоммунизмге тән, коммунизмге қарсы.*

**АНТИКОРРОЗИЯЛЫҚ** [грек. anti – қарсы, лат. corrosio – тат басу, кемірілу] сын. тех. *Коррозияға қарсы, коррозияны болдырмайтын.*

**Антикоррозиялық материалдар**. тех. *Әртүрлі ортада химиялық зиянды әсерлерге қарсы тұра алатын материалдар.*

**АНТИЛОГИЗМ** [грек. anti – қарама-қарсы, logos – ақыл] зат. филос. *Силлогизмге қарсы, оның қорытындыларын терістейтін, жоққа шығаратын, үйлесімсіздігін сипаттайтын логикалық ұғым.*

**АНТИЛОПА** [франц. antilope] зат. зоол. ***Бөкен.***

**АНТИМАРКСИСТІК** сын. саяси. *Марксистік қағидаға қарсы.*

**АНТИМИЛИТАРИЗМ** [грек. anti – қарсы, лат. militaris – әскери] зат. қоғ.-саяси. *Мемлекеттік-қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың соңғы мақсатта қоғамдық өмірден қарулы озбырлықты түп-тамырымен жою саясаты және идеологиясы.*

**АНТИМОНИТ** [лат. antimonium] зат. хим. *Сульфидтер тобына жататын минерал, сүрме жылтыры.*

**АНТИМОНОПОЛИЯЛЫҚ** [грек. anti – қарсы, poleo – сатамын] сын. қоғ.-саяси. *Монополияға қарсы.*

**АНТИМОРФИН** зат. мед. *Морфийдің күшін әлсірететін зат.*

**АНТИНЕЙТРОН** [грек. anti – қарсы, лат. neuter – не анау емес, не мынау емес] зат. физ. *Нейтронға қарсы бөлшектер, нейтронның антибөлшегі.*

**АНТИНОМИЯ** [грек. antinomia] зат. **1.** филос. *Кейбір принциптерде, философиялық ұғымдарда екі жақтың әрқайсысы өз пікірін дұрыстап, бір-біріне қарсы келушілік, қайшылық.* **2.** лингв. *Қарама-қарсы мағыналы лексикалық бірліктердің семантикалық қатынас түрі.*

**АНТИОКСИДАНТ** [грек. anti – қарсы, oxygenium – оттегі] зат. **1.** хим. *Органикалық заттардың қышқылдануын тоқтататын зат.* **2.** тамақ. *Қалбырланған тамақтардың дәмі бұзылмай ұзақ сақталуы үшін тағамға қосылатын препарат.*

**АНТИПАРТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Партияның бірлескен принципті пікірлеріне қарсы.*

**АНТИПАРТИЯЛЫЛЫҚ** зат. совет. *Партияға қарсылық.*

**АНТИПАССАТ** зат. геогр. *Тропиктік ендіктерде тропосфераның жоғарғы қабатымен стратосфераның төменгі қабатында байқалатын батыс бағыттағы ауа ағыны.*

**АНТИПАТИЯ** [грек. antipatheia] зат. **1.** психол. *Ұнату немесе адамның бір-біріне көңілі ауу сезіміне қарама-қарсы әлеуметтік және психологиялық ұғым.* **2.** *Жағымсыз қылықтарымен, істерімен адамды тартпаушылық, сүйкімсіздік.*

**АНТИПИРИН** [грек. anti – қарсы, pyr – от] зат. мед. *Медицинада науқастардың ауруын, ыстығын басу үшін қолданатын, кристалл тәрізді ақ ұнтақ.*

**АНТИПИРОГЕН** [грек. anti – қарсы, pyr – от, genos туылу] зат. тех. *Кен орындарында және шахталарда өртті болдырмау үшін пайдаланатын, көмір, рудның өздігінен жануын болдырмайтын зат.*

**АНТИПОД**[1] [грек. antipodes] зат. бот. *Жабық тұқымды өсімдіктердің ұрық қалтасының полюстерінде жатқан жасуша тобы.*

**АНТИПОД**[2] зат. филос. әдеб. *Белгілі бір образға, ұғым-түсінікке, құбылысқа қарама-қарсы құбылыс, бейне.*

**АНТИПРОТОН** зат. физ. *Протонның антибөлшегі.*

**АНТИРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ** сын. саяси. совет. *Төңкеріске, төңкеріс идеясын іске асыруға қарсы.*

**АНТИРЕВОЛЮЦИЯШЫЛ** сын. са-

я с и. с о в е т. *Төңкеріске көрсетілген қарсылықты жақтаушы.*

**АНТИСАНИТАРЛЫҚ** с ы н. м е д. *Санитарлық тәртіпке, тазалыққа жатпайтын, санитарияға қарама-қарсы; кір, лас.*

**АНТИСАНИТАРИЯЛЫҚ** с ы н. *Санитарлық тәртіпке, тазалыққа жатпайтын; лас, кір, нас.*

**АНТИСЕЙСМИКАЛЫҚ** с ы н. қ ұ р. *Жер сілкінісіне төтеп беретін.*

**АНТИСЕМИТ** з а т. с а я с и. *Антисемитизм идеясын жақтап, еврейлерді жек көретін адам.*

**АНТИСЕМИТИЗМ** [франц. antisemitisme] з а т. с а я с и. *Еврейлердің құқығын жан-жақты шектеу үшін ұйымдастырылған шовинизм түрі.*

**АНТИСЕПТИКА** [грек. anti – қарсы, septikos] з а т. м е д. *Жарақатты іріңдеуден сақтау және ауру тудырғыш микробтардан пайда болатын жараны биологиялық (антисептикалық заттар) немесе химиялық әдістермен емдеу тәсілдері.*

**АНТИСЕПТИКАЛЫҚ** с ы н. м е д. *Антисептикаға тән, микробқа қарсы.*

**Антисептикалық дәрі-дәрмектер**. м е д. *Ауру қоздырғыш зиянды микробтарды өлтіретін химиялық заттар.*

**АНТИСОЦИАЛИСТІК** с ы н. с а я с и. *Социалистік жүйеге, социализмге қарсы.*

**АНТИСПАМ** [ағыл. antispam] з а т. и н ф. *Сүзгі спамдар, қаламайтын электрондық хабарларды автоматты түрде анықтауды, оларды сұрыптауды қамтамасыз ететін бағдарлама.*

**АНТИСТАТИК** з а т. х и м. *Полимерлік материал мен бұйымдардың статикалық электрленуін төмендететін зат.*

**АНТИТЕЗА** [грек. antithesis] з а т. ә д е б. *Көркем әдебиетте образдың әсерлілігін күшейту үшін керегар ұғымдарды бетпе-бет қойып шендестіру әдісі, айшықтау түрі.*

**АНТИТЕЗИС** [грек. antithesis] **1**. з а т. ф и л о с. *Терістеуді терістеу; белгілі бір шығармада негізгі дәлелденген пікір желісіне қарсы айтылатын ой; шендестіру.* **2**. *Гегельдің философиясында диалектикалық даму процесіндегі тезиске қарама-қарсы тұжырым.*

**АНТИУТОПИЯ** з а т. с а я с и. *XX г. утопия ға қарама-қарсы, адамгершілікті әлеуметтік идеялар мен әділетті қоғам құруға күмәнмен қарайтын әлеуметтік ой, философияның ағымы.*

**АНТИФЕОДАЛДЫҚ** [грек. anti – қарсы, лат. feodalis] с ы н. с а я с и. *Феодалдық құрылысқа қарсы.*

**АНТИФОН** [грек. anti – қарсы, phone – дыбыс] з а т. **1**. м у з. *Екі хордың немесе екі әншінің кезектесіп ән айтуы.* **2**. *Қатты шудан аңғаны сақтау үшін жасалған арнайы құлақ тығыны.*

**АНТИФРИЗ** [ағыл. antifreeze] з а т. х и м. *Кейбір заттардың (этиленгликоль, глицерин, анорганикалық тұздар т.б.) төменгі температурада қатпайтын судағы ерітіндісі.*

**АНТИЦИПАТИЯ** [лат. anticipatio] з а т. э к о н. *Уағдаласқан мерзімге дейін борыш міндеттемесі бойынша ақша төлеу.*

**АНТИЦИПАЦИЯ** [лат. anticipatio] з а т. *Мәтін мағынасын түсіну барысында алдағы сөздің мағынасын аңғару.*

**АНТИЦИКЛОН** [грек. anti – қарсы, kyklon – айналатын] з а т. г е о г р. *Қысымы өте жоғары атмосфералық қозғалыс түрі, жоғарғы қысым жүйесі; құйын.*

**АНТИЦИКЛОНДЫ** с ы н. *Антициклоны болатын.*

**АНТҚАҒАЗ** з а т. т а р. *Қандай да бір міндеттемелерді орындау туралы салтанатты түрде берілген уәдені куәландыратын ресми құжат.*

**АНТҚОР** с ы н. *Уәдесінде тұра алмайтын, екісөзді.*

**АНТОЛОГИЯ** [грек. anthologia] з а т. ә д е б. *Бір заман мен дәуірдегі, бір әдеби бағытқа жататын түрлі авторлардың таңдамалы шығармалар жинағы.*

**АНТОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Антология тән.*

**АНТОНИМ** [грек. anti – қарсы, onyna – ат, атау] з а т. л и н г в. *Мағынасы жағынан қарама-қарсы сөздер.*

**Антонимдер сөздігі.** л и н г в. *Мағыналары қарама-қарсы сөздерді сипаттайтын сөздік.*

**АНТОНИМДІК** с ы н. л и н г в. *Антонимге тән.*

**АНТОНОВКА** ор. з а т. б о т. *Алманың ең кеш пісетін, көкшіл сары түсті, қышқылтым, қыстық сорты.*

**АНТОНОМАЗИЯ** [грек. antonomasia] з а т. ә д е б. *Жалпы есімді тарихи тұлғаның, әдеби кейіпкердің немесе басқа жалпы есіммен ауыстырып қолданылатын әдебиет тәсілі.*

**АНТОФЕИН** з а т. б о т. *Жасуша шырыны құрамындағы сирек кездесетін пигмент.*

**АНТОХЛОР** [грек. anthos – түс, chlorys – жасыл] з а т. б о т. *Өсімдік жасушасының шырынында жиі кездесетін пигмент.*

**АНТОЦИАН** [лат. anthocyanins] з а т. б о т. *Көптеген өсімдіктердің жасушасы шырынында жиналатын, еріген бояушы зат, пигменттер тобы.*

**АНТРАКОЗ** [лат. anthracosis] з а т. м е д. *Ұсақ көмір түйіршіктерінің ауа арқылы еніп, белгілі бір тканьге, мәселен өкпеге шөгуі.*

**АНТРАКНОЗ** [грек. anthrax көмір, nosos – ауру ] з а т. б о т. *Өсімдіктің саңырауқұлақтан пайда болатын ауруы.*

**АНТРАКТ** [франц. entracte] з а т. **1**. *Спектакль актісі немесе цирк, концерт бөлімі аралығындағы үзіліс.* **2**. м у з. *Опера, балет т.б. өнер туындыларының бөлімі аралығында орындалатын музыкалық пьеса.*

**АНТРАЦЕН** [грек. anthrax] з а т. х и м. *Тасқөмір қарамайынан алынатын кристалл түстес көмір сутегі.*

**АНТРАЦИТ** [грек. anthrakitis] з а т. м и н. *Тасқөмірдің ең бағалы сорты, көмірленудің ең жоғары дәрежесіне жеткен көмір.*

**АНТРЕКОТ** [франц. entre – аралық, cote – қабырға] з а т. т а м а қ. *Сиырдың қабырға еттерінен жаншып жасалған тағам атауы.*

**АНТРЕПРЕНЕР** [франц. entrepreneur] з а т. ө н е р. *Жеке меншік театр иесі, жеке театр труппасының жетекшісі.*

**АНТРЕПРИЗА** [франц. entreprise] з а т. ө н е р. *Жекеменшік театр, цирк сияқты кәсіпорын.*

**АНТРАКСОЛИТТЕР** з а т. г е о л. *Ең жоғары дәрежеде метаморфталған антрацит тәрізді битумдардың топтастырылған жіктеулік атауы.*

**АНТРОПОГЕНДІК** [грек. anthopos – адам, genesis – туындау] с ы н. б и о л. *Табиғат құрамдарына (өсімдіктер, жануарлар, өзен-көлдер т.б.) адамның шаруашылық әрекеттерінен туындайтын факторлар тобы.*

**Антропогендік сукцессия**. э к о л. *Адамның шаруашылық әрекетінен оның экожүйеге тікелей немесе жанама әсерінен пайда болған экологиялық сукцессия.*

**АНТРОПОГЕНЕЗ** [грек. anthropos – адам, genesis – шығу тегі] з а т. т а р. *Антропология ғылымының адамның шығу тегін, даму тарихын, оның жеке биологиялық түр болып қалыптасуын және адамзат қоғамының даму кезеңдерін әрі жаратылыстану, әрі қоғамдық ғылымдарға сүйене отырып зерттейтін негізгі саласы.*

**АНТРОПОГЕНЕЗИС** [грек. anthropos – адам, лат. genesis – шығу тегі] з а т. *Адам баласының жаратылысы, эволюциясы туралы ілім.*

**АНТРОПОГЕНЕТИКА** з а т. а н а т. *Адам генетикасы.*

**АНТРОПОГЕОГРАФИЯ** з а т. э т н. *XX г. басында мәдениет пен қоғамның дамуындағы шешуші рөлді диффузия мен география атқаратынын зерттеген ғылым.*

**АНТРОПОИД** з а т. з о о л. *Адам тектес маймыл.*

**АНТРОПОЛОГ** [грек. anthropologos] з а т. *Антропология ғылымымен айналысатын, антропологиялық зерттеулер жүргізетін ғалым.*

**АНТРОПОЛОГИЯ** [грек. anthropos – адам, logos – ілім] з а т. *Адам мен адам нәсілдерінің шығу тегін, оның дене құрылысының өзгеру заңдылықтарын, нәсілдік ерекшеліктерін, жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы барын зерттейтін саласы.*

**АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Антропология ғылымына тән, соған қатысты.*

**Антропологиялық құрам**. *Нәсілдік құрамы.* **Антропологиялық тек**. *Нәсілдердің шығу тегі, нәсілдік ерекшеліктер.* **Антропологиялық типтер**. *Дене құрылысының ортақ белгілеріне қарай жіктелген адамдардың түрлі топтары.*

**АНТРОПОМЕТР** [грек. anthropos – адам, metros – өлшеу] з а т. а н а т. *Адамның бойын және денесінің басқа параметрлерін ғылыми негізде өлшеу үшін жасалған аспап.*

**АНТРОПОМЕТРИЯ** з а т. с п о р т. *Спортшыны дәрігерлік бақылауда үлкен маңызы бар адамның дене бітімінің жетілуін зерттеу тәсілі.*

**АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ** с ы н. с п о р т. *Антропометрияға қатысты, антропометриямен байланысты.*

**АНТРОПОМОРФИЗМ** [грек. anthropos – адам, marphe – түр] з а т. м ә д. *Адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, перiштелерді, мал жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс.*

**АНТРОПОМОРФТЫ** [грек. anthropos – адам, marphe – түр] с ы н. б и о л. *Адам тәрізді, адамға ұқсас.*

**АНТРОПОНИМ** [грек. anthropos – адам, onyma – атау] з а т. л и н г в. *Адамның жалқы есімі: кісі есімі, лақап аты.*

**АНТРОПОНИМИКА** з а т. л и н г в. *Кісі есімдерін, жеке есімдерді, патронимдерді, фамилияларды, жалған есімдерді, псевдонимдерді, криптонимдерді зерттейтін тіл біліміндегі ономастиканың саласы.*

**АНТРОПОНОЗДАР** [грек. anthropos – адам, nosos – ауру] з а т. б и о л. м е д. *Қоздырғышы тек адамның өзінде орналасатын жұқпалы аурулар.*

**АНТРОПОПАТИЗМ** [грек. anthropos – адам, pathos – құмарту, ұмтылу] з а т. д і н и. *XX ғасырда неміс ғалымы Фр. Шульц ұсынған және адамның табиғатты «адамдандыруға», яғни адамның сыртқы табиғи бітім-болмысының өзіндік ерекшеліктері мен қабілеттерін анықтауға байланысты қалыптастырған термині.*

**АНТРОПОПРЕССИЯ** з а т. *Антропогендік факторлардың биосфераға тигізетін орасан зор әсер ықпалдары, оның зардаптары.*

**АНТРОПОСФЕРА** [грек. anthropos – адам,

spera – қабық] зат. *Ғаламдағы адамзаттың мекендейтін аясы.*

**АНТРОПОФИТТЕР** [грек. anthropos – адам, phytos – өсімдік] зат. *Адамның жер шаруашылығын жүргізу барысында саналы немесе санасыз әсерлерінен пайда болған, фитоценоздарда немесе агроценоздарда кездесетін өсімдік түрлері.*

**АНТРОПОЦЕНТРИЗМ** [грек. anthropos – адам, centrum – орталық] зат. *Дүниенің орталығына адамды қоятын итальяндық Қайта Өрлеудің тұжырымдамасы.*

**АНТСОҚҚАН** сын. *Оңбаған, Құдай атқан, сөзінде тұрмайтын.*

**АНТ-СУ: ант-су ішті.** а) көне. *Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық жүйесінде қалыптасқан, билер соты іс қарағанда пайдаланған рәсім.* ә) *Қарғанды, ақталды, өлердегі сөзін айтты.*

**АНТТАЙ** сын. *Айтылған серттей, сенімдей.*

**АНТТАС** зат. *Серттес, уағдалас.*

**АНТТАС=** ет. *Бір-біріне ант берісу, серттесу.*

**АНТТАСУ** *Анттас етістігінің қимыл атауы.*

**АНТҰРҒАН** сын. **1**. *Құдай атқан, оңбаған, айтқанында тұрмайтын, тұрлаусыз.* **2**. *Құдай атқан, оңбаған адам деген мағынада.*

**АНТЫҚ=** ет. көне. *Ант қылу, ант ішу.*

**АНУРИЯ** [лат. anuria, грек. an – емес, жоқ, uron – несеп] зат. мед. *Бүйректе несеп пайда болуының немесе оның қуыққа құйылуының толық тоқтап, несептің шықпау сырқаты.*

**АНХИТЕРИЙ** [лат. anchitherium] зат. зоол. *Миоцен мезгіліндегі жылқы тұқымдас жануар.*

**АНЧАР** малай. зат. өс. <лат. antiaris toxicaria> *Тұт тұқымдасына жататын, экваторлық және тропиктік аймақтарда өсетін шайыры улы ағаш.*

**АНЧОУС** [лат. Engraulis] зат. тамақ. *Консервіленіп тағамға пайдаланылатын майда теңіз балығы.*

**АНША-МҰНША** үст. сөйл. *Кішігірім, жеңіл-желпі.*

**АНШЛАГ** [нем. Anschlag] зат. театр. **1.** *Қойылымға барлық билеттер сатылып кеткені туралы хабарландыру.* **2.** *Зал тола көрермен жинаған сәтті қойылым.*

**АНЫҒЫНДА** мод. *Шынында, дұрысында, расында.*

**АНЫҚ** сын. **1**. *Көмескі емес, қатты.* **2**. *Дәл, айқын.* **3**. *Шын мәніндегі, нағыз.* **4**. *Белгілі, нақты.*

**Анығына қанды.** *Шындығына, ақиқатына сенді, көзі жетті.* **Анық қасқа жол.** *Тура, айқын даңғыл жол.* **Анық сәске.** *Нағыз сәске, сәке түс.* **Анық түс.** *Күннің тас төбеге келіп, тал түс болған кезі.*

**АНЫҚ-ҚАНЫҚ** зат. *Шындық, ақиқат, шындық түбі.*

**АНЫҚТА=** ет. **1**. *Анық ету, дәлдеу, айқындау.* **2**. *Дұрыстау, бажайлау.* **3**. *Бір заттың анық-қанығына көзі жету, білу, ұғыну.*

**АНЫҚТАҒЫШ** зат. *Қандай да бір мәселелерге, білім, ғылым саласына қатысты қысқаша түсініктемелер мен анықтамалар жинағы.*

**АНЫҚТАЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің басы ашылуы, айқындалуы.* **2.** *Көз жеткізілу, көзімен көру.* **3.** *Белгілі болу.* **4.** *Анық көріну.*

**Анықталмаған интеграл.** мат. *Дифференциалдауға кері амал, қандай да бір берілген функцияның алғашқы функцияларын түгел қамтитын жиыны.*

**АНЫҚТАЛУ** *Анықтал етістігінің қимыл атауы; айқындалу.*

**АНЫҚТАМА**[1] зат. терм. <лат. definitio> *Белгілі бір зат, не ұғымға берілетін қысқаша түсінік, сипаттама.*

**АНЫҚТАМА**[2] зат. **1**. ресми. *Жеке не заңды тұлға туралы мәлімет берілетін, сол мәліметтің заңдылығын куәландыратын құжат.* **2**. *Біреу немесе белгілі бір нәрсе туралы жиналған, не берілген мәлімет, ақпарат.*

**Анықтама бюросы.** *Белгілі бір мекеме, кәсіпорын және т. б. құрамындағы халыққа мекеменің жұмысына қатысты ақпарат берумен айналысатын бөлім.* **Анықтама жүргізу.** заң. *Белгілі бір мәселе, іс бойынша алдын-ала ақпарат жинау әдісі.* **Анықтама кітап.** *Сөздік энциклопедия, арнаулы мәселелер жөніндегі анықтамалар, күнтізбелер т.с.с.* **Анықтама қағаз.** ресми. *Қандайда бір мәліметті растайтын құзіретті орыннан берілген құжат.*

**АНЫҚТАМА-КӨРСЕТКІШ** зат. баспа. *Кітаптың соңында берілетін анықтама тізім; көрсеткіш.*

**АНЫҚТАМАЛЫҚ**[1] зат. *Белгілі бір саладан жан-жақты мәлімет алуға болатын кітап, құрал, кітапша.*

**АНЫҚТАМАЛЫҚ**[2] сын. *Анықтамаға сай, анықтамаға тән.*

**АНЫҚТАМА-ҰСЫНЫС** зат. *Әрі түсінік, сипаттама, әрі ұсыныс, пікір, көзқарас.*

**АНЫҚТАМАШЫ** зат. *Анықтама бюросында жұмыс істейтін адам.*

**АНЫҚ-ТАНЫҚ** зат. *Бір істің, уақиғаның мән-жайы, шын дерегі.*

**АНЫҚТАС=** ет. *Бірге ойласу, бірлесіп анықтау, байқау.*

**АНЫҚТАТ=** ет. *Бір нәрсенің басын аштыру, айқындату.*

**АНЫҚТАТҚЫЗ=** ет. *Бір нәрсенің басын аштырту, айқындатқызу.*

**АНЫҚТАТҚЫЗУ** *Анықтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АНЫҚТАТУ** *Анықтат етістігінің қимыл атауы.*

**АНЫҚТАУ** *Анықта етістігінің қимыл атауы; айқындау.*

**АНЫҚТАУШЫ** зат. *Заттың сипатын, қасиетін білдіруші, айқындаушы.*

**АНЫҚТАУЫШ** зат. лингв. <лат. attributum> *Заттың сынын, сапасын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.*

**АНЫҚТЫҚ** зат. *Айқындық, дәлдік.*

**АНЭЙКУМЕНА** [грек. a – жоқ, емес, oikumene – елді мекен] зат. геогр. *Адам өміріне қажетсіз, мекенделмеген аумақ.*

**АНЮТАГҮЛ** зат. өс. <лат. Viola tricolor> *Бір жылдық немесе екі жылдық шөптесін өсімдік, шегір гүлдің бір түрі.*

**АҢ**[1] зат. <лат. theria> *Еті мен терісі үшін ауланатын түз жануарлары.*

**Аң алды**. *Баптаған қыран құс, тазы ит аң ұстады.* **Аң аулады.** *Белгілі амал-тәсілмен аңды торып, қолға түсіріп, олжалады.* **Аң байлады.** аңш. *Олжасын бірінші кездескен адамның қанжығасына байлады.* **Аң байланды.** *Аңшылықтан олжалы қайтты.* **Аң баспаса, жан баспаған [жер].** *Адам аяғы жетпеген.* **Аң басы жуық болсын!** аңш. тілек. *Аңшыларға айтылатын қанжығаға байланар күн жақын болсын деген мағынада айтылатын сөз.* **Аң білік.** көне. *Аңшылық бұйымдар дүкені.* **Аңға жіберді.** этн. *Бапталған қыран құсты аң аулауға алып шықты, жемтікке жіберіп, аңға салды.* **Аңға салды.** *Аң аулауға шығарды.* **Аңға шықты.** *Аң аулайтын құрал-жабдық, қаруымен сайланып, күнкөріс мақсатында не демалыс т.б. үшін аңшылыққа кетті.* **Аң қақты.** *Аңшылық қылды, аң аулады.* **Аңның жымы.** *Қасқыр, түлкі, қоян тәрізді аңдардың жүретін жолы.* **Аң тәрізділер.** <лат. synapsida> *Аң тәрізді бауырымен жорғалаушылар.* **Аң үстінде.** *Аң аулау кезінде, аң аулау үстінде.*

**АҢ**[2] зат. жерг. *Аққан сумен ойылған жыралы жер, шұңқыр.*

**АҢ**[3]**: аң болды.** көне. *Аң-таң болды, не істерін білмеді.*

**АҢАЗАҚ** зат. жерг. ***Аңызақ.***

**АҢҒАЛ** сын. *Істің алды-артын аңғармайтын, аңғырт, аңқау.*

**Аңғал көз.** *Аңқау, арамдығы жоқ адам.*

**АҢҒАЛАҚ**[1] сын. **1**. *Алды-артын аңғармайтын, ұрыншақ, ұшқалақ.* **2**. *Алақ-жұлақ еткен, аландаған (көз).*

**АҢҒАЛАҚ**[2]: **көз аңғалағы**. *Көз аңғарағы.*

**АҢҒАЛАҚТА=** ет. *Аңғырттану, аңғалдану.*

**АҢҒАЛАҚТАУ** *Аңғалақта етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАЛДАН=** ет. *Алды-артын аңдамау, аңғырттану.*

**АҢҒАЛ-ДАҢҒАЛ** сын. сөйл. *Абайсыз, байқаусыз.*

**АҢҒАЛДЫҚ** зат. *Аңқаулық, алды-артын байыптамаушылық.*

**Аңғалдық жасады**. *Аңғармады, байқамады.*

**АҢҒАЛ-САҢҒАЛ** сын. **1.** *Ашық-тесік; ашық-шашық.* **2**. *Аңырайған, қорқынышты.* **3**. ауыс. *Қалай болса солай, қараусыз; мең-зең.* **4**. ауыс. *Ырсиған, жүдеу, ыңыршағы шыққан.*

**АҢҒАЛСОҚ** сын. *Аңғалданған, ұрыншақ, алды-артын байыптамайтын.*

**АҢҒАР**[1] зат. геогр. *Өзен ағысынан пайда болған, бір жағына еңіс, ойыс, сай-сала, жыра.*

**АҢҒАР**[2] зат. жерг. ***Қамба.***

**АҢҒАР**[3] зат. *Ыңғай, рет, жай.*

**Аңғары ашылды**. жерг. *Тәбеті тартты, ас іше бергісі келді.*

**АҢҒАР=** ет. *Мән-жайды түсіну, байқау, байыптау, білу.*

**АҢҒАРҒЫШ** сын. *Сезімтал, байқағыш, аңғарымпаз.*

**АҢҒАРҒЫШТЫҚ** зат. *Сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық.*

**АҢҒАРДАЙ** сын. *Үлкен, арандай, кең.*

**АҢҒАРДАЙЫН** сын. фольк. ***Аңғардай.***

**АҢҒАРЛА=** ет. сөйл. *Барлау, байқау.*

**АҢҒАРЛАТ=** ет. *Байқату, барлату.*

**АҢҒАРЛАТУ** *Аңғарлат етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАРЛАУ** *Аңғарла етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАРЛЫ**[1] сын. **1**. *Аңғары бар, сай-салалы.* **3**. *Ойығы кең (көз туралы).*

**АҢҒАРЛЫ**[2] сын. *Бір істің алды-артын болжағыш, аңғарымпаз, байқағыш.*

**АҢҒАРЛЫЛЫҚ** зат. *Байқағыштық, аңғарғыштық.*

**АҢҒАРЛЫ-САЙЛЫ** сын. геогр. *Әрі аңғары бар, әрі сай-салалы.*

**АҢҒАРМАҒАНСУ** *Аңғармағансы етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАРМАҒАНСЫ=** ет. *Байқамағансу, білмегенсу, көрмегенсу.*

**АҢҒАРТ=** ет. *Білдіру, байқату.*

**АҢҒАРТҚЫЗ=** ет. *Білдірткізу, байқатқызу.*

**АҢҒАРТҚЫЗУ** *Аңғартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАРТУ**[1] зат. *Түсініктеме, ескерту.*

**АҢҒАРТУ**[2] *Аңғарт етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒАРТЫЛ=** ет. *Біліну, байқалу.*

**АҢҒАРУ** *Аңғар етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Көру.* **2**. *Байқап, сезу.* **3.** *Түсіну, пайымдау.*

**АҢҒАРУЛЫ** сын. жерг. *Сезімтал, аңғарымпаз.*

**АҢҒАРША** зат. *Кішкене аңғар.*

**АҢҒАРЫЛ=** ет. **1**. *Көріну*. **2.** *Байқалу, біліну.*

**АҢҒАРЫМ** зат. *Аңғару қабілеті.*

**АҢҒАРЫМДЫ** сын. *Сезімталдығы, аңғаргыштығы бар, аңғарымпаз.*

**АҢҒАРЫМДЫЛЫҚ** зат. *Сезгіштік, аңғарымпаздық қабілет.*

**АҢҒАРЫМПАЗ** сын. *Сезімтал, аңғарғыш.*

**АҢҒАРЫМПАЗДЫҚ** зат. *Сезгіштік, аңғарғыштық.*

**АҢҒАРЫС=** ет. *Байқасу, білісу, байыптасу.*

**АҢҒЫРТ** сын. *Алды-артын байқамайтын аңқау, аңғал.*

**Аңғырт кетті [басты].** *Байқамады, ойланбай қате жіберді.* **Аңғырт шақ**. *Балғын шақ, балалық, албырт кез.*

**АҢҒЫРТ=** ет. жерг. *Дауыстап, аңыратып ән салу.*

**АҢҒЫРТСУ** *Аңғыртсы етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒЫРТСЫ=** ет. *Ештеңені білмегенсу, түсінбеген пішін білдіру, аңқау болғансу.*

**АҢҒЫРТТАН=** ет. *Аңғалдану, аңқаулану, алды-артына қарамау.*

**АҢҒЫРТТАНУ** *Аңғырттан етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҒЫРТТАУ** сын. *Аңғалдау, аңқаулау.*

**АҢҒЫРТТЫҚ** зат. **1**. *Аңқаулық, аңғалдық.* **2**. *Тәжірибесіздік, албырттық.*

**АҢДА=** ет. **1**. *Аңғару, байқау, жан-жағын бақылап қарау.* **2**. *Абайлау, алды-артын ойлау.* **3**. *Бағалау, парқын ажырату.*

**Аңдамай қалды.** *Байқамай, аңғармай қалды.* **Аңдап басты**. *Абайлады, сақ болды.*

**АҢДАҒАЙЛА=** ет. *Жан-жақтан қаптау, қоршау.*

**АҢДАҒАЙЛАТ=** ет. *Жан-жақтан қаптату, қоршату.*

**АҢДАҒАЙЛАТУ** *Аңдағайлат етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДАҒАЙЛАУ** *Аңдағайла етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДАҒАНСУ** *Аңдағансы етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДАҒАНСЫ=** ет. *Байқағансу, көріп сезгенсу.*

**АҢДАҒЫШ** сын. *Сезгіш, байқағыш, аңғарымпаз.*

**АҢДАҒЫШТЫҚ** зат. *Байқағыштық, аңғарғыштық.*

**АҢДАЙ** сын. *Аң сияқты, аң тәрізді.*

**АҢДАЛ=** ет. *Байқалу, көріну, сезілу.*

**АҢДАМАЙ** үст. *Абайсызда, байқамай.*

**АҢДАМПАЗ** сын. *Аңғарымпаз, байқағыш.*

**АҢДАН=** ет. *Байқалу, көріну, сезілу.*

**АҢДАС=** ет. **1**. *Аңғарысу, байқасу.* **2.** *Аңдысу, ізін бағысу.*

**АҢДАТ=** ет. *Аңғарту, сездірту, байқату.*

**АҢДАТПА** зат. лингв. <лат. annatatio> *Кітапқа берілген қысқаша түсінік.*

**АҢДАТУ**[1] зат. әдеб. *Оқиға желісінің басталуын сипаттайтын көркем шығарма мазмұнының бір бөлігі.*

**АҢДАТУ**[2] *Аңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДАУ**[1] зат. филос. *Дүниені, айналадағы құбылысты сол күйінде өзгеріссіз қабылдап, оны адам санасында сезімдік формада бейнелейтін таным процесінің бастапқы сатысы.*

**АҢДАУ**[2] *Аңда етістігінің қимыл атауы; байқау, аңғару.*

**АҢДАУСЫЗ** сын. *Елеусіз, байқаусыз.*

**АҢДАУСЫЗДА** үст. *Абайсызда, байқаусызда, қапыда, ойламаған жерде.*

**АҢДАУСЫЗДАН** үст. *Қапыда, байқамай, ойламаған жерден.*

**АҢДУ** *Аңды етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Торуылдау, бақылау, қадағалау.* **2**. *Ізіне түсу, тору.* **3**. ауыс. *Іздеу, анықтау.*

**Аңду болды**. *Торуыл жүрді, ізі кесілді.* **Аңдуға алды**. *Басқан қадамын бақылады, соңына түсті.* **Аңдуда болды**. *Үнемі бақылауда, қараушының назарында болды.* **Аңду қойды [салды].** *Қараушы белгілеп бақылауға алды, басқан қадамын тексеріп қадағалап отырды.*

**АҢДУЛЫ** сын. *Ізіне, соңына түсулі, бақылаулы.*

**АҢДУСЫЗ** сын. **1**. *Аңдаусыз, аңғарусыз.* **2**. *Қараусыз, бақылаусыз.*

**АҢДУШЫ** зат. **1**. *Ізіне түсуші, торушы.* **2**. *Қарауыл, күзетші.* **3**. *Тексеруші, қадағалап бақылаушы.*

**Аңдушы көздер**. бейн. *Бақылаушы, байқаушы адамдар.*

**АҢДУЫЛ** зат. *Ізге түсіп, басқан қадамын бақылаушы, аңдушы.*

**Аңдуыл салды [қойды]**. *Аңдушы, бақылаушы қойды.*

**АҢДЫ=** ет. **1**. *Тору, ізіне түсу; соңынан қалмау.* **2**. *Қадағалау, әр қозғалысын қалт жібермей қарау.* **3**. *Іздеу, бақылау.* **4**. *Күзету, қарауылдау.* **5**. *Күту, тосу.* **6**. *Аңшының аулайтын аңын торуы.* **7**. *Жыртқыштың жемтігін торуы.* **8**. ауыс. *Бажайлау, байқау, абайлау.* **9**. ауыс. *Бақталасу, іліғісу.*

**Аңдып жүрген [тұрған] ажал**. поэт. *Күтпестен келетін, аяқ астынан болатын өлім.*

**АҢДЫҒЫШ** сын. **1**. *Бақылағыш, торығыш.* **2**. *Байқағыш, бажайлағыш.*

**АҢДЫЗ** сын. *Қаумалаған, қоршаған.*

**АҢДЫЗДА=** ет. **1.** *Жапа тармағай қаптау.* **2**. *Бір-бірімен жарыса ентелеу.* **3**. *Жан-жақтан қаумалап, қоршау.*

**АҢДЫЗДАУ** *Аңдызда етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДЫҚ** сын. *Аңға тән қасиет, әдет.*

**АҢДЫРЛЫҚ** сын. *Аңдығандай, байқағандай.*

**АҢДЫС=** ет. **1**. *Бақыласу, байқасу.* **2**. *Торысу; соңына түсісу.* **3**. ауыс. *Бақталасу, араздасу.* **4**. ауыс. *Жауласу, өштесу.*

**Аңдысқан қас.** *Өштескен жау, арбасқан дұшпан.*

**АҢДЫСТЫР=** ет. *Торуылдастыру, соңына салдыру, бірін-бірі аңдыту.*

**АҢДЫСТЫРУ** *Аңдыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҢДЫСУ** *Аңдыс етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1**. *Бақыласу, байқасу.* **2**. *Алысу, күш сынасу.*

**АҢДЫСЫН**: **аңдысын аңдады**. сөйл. ***Аңысын аңдады***.

**АҢДЫТ=** ет. *Бақылату, торуылдату.*

**АҢДЫТУ** *Аңдыт етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЖАТАҚ** зат. аңш. сөйл. ***Жатақ***.

**АҢЗАМАН** зат. *Адам қоғамы дамуының алғашқы кезеңдерінің бірін белгілейтін шартты атауы.*

**АҢ-ЗАҢ** зат. жерг. ***Аң-таң***.

**АҢИТ=** ет. сөйл. ***Аңырт***.

**АҢКЕСІРТКЕ** зат. зоол. <лат. theromorpha> *Өте ертеде тіршілік еткен бауырымен жорғалаушылар тобының түрі.*

**АҢКӨС** зат. сөйл. *Аңқұмар, аңсақ адам.*

**АҢҚ** елік. *Қатты, ашық, қысқа, дауысты бейнелейтін сөз.*

**Аңқ еткізді**. *Лақ еткізіп ақтара салды.* **Аңқ етті**. а) *Қатты, ашық қысқа дыбыс шығарды.* ә) *Бірден, тез, сол бойда.*

**АҢҚА**[1] [ар. عنقاء] зат. миф. *Иран аңыздары бойынша Каф тауында жүретін құс.*

**АҢҚА**[2] зат. анат. *Жұтқыншақтың ауа жүретін бөлігі.*

**Аңқа кепті [құрыды, қаңсыды].** *Қатты шөлдеді, сусады.* **Аңқасы құрыды.** *Кенезесі кепті, шөлдеді, сусады.*

**АҢҚАҒУШЫ** зат. *Аңды іздеуші, табушы адам.*

**АҢҚАЙ**[1]= ет. **1**. *Заттың жабылмай, бос, ашық қалуы.* **2**. ауыс. *Күтпеген жерден аяқ-астынан болған іске, тосын жайға аң-таң болу, аңыру, аңтарылу.*

**Аңқайып аузын ашты**. *Таңырқады, аңырды.*

**АҢҚАЙ**[2]= ет. жерг. *Көбею.*

**АҢҚАЙТ=** ет. **1**. *Затты жаппай, бос, ашық қалдыру; ашып тастау.* **2**. ауыс. *Аңырту-таңырқау.*

**АҢҚАЙТУ** *Аңқайт етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚАЛ** зат. өс. <лат. Clinopodium> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**АҢҚАЛАҚ** сын. сөйл. ***Аңғалақ.***

**АҢҚАЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Аңғалақта***.

**АҢҚАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Аңғалақта***.

**АҢҚАНДА=** ет. *Бір істің алды-артын байқамай арсалаңдау, аңқылдау, аңғалақтау.*

**АҢҚА-САҢҚА** сын. жерг. ***Алқа-салқа***.

**АҢҚАТЫ** зат. өс. жерг. *Ақнауат.*

**АҢҚАУ** сын. **1**. *Бейқам, қаперсіз, болбыр, өмірге бейімі жоқ.* **2**. *Қулық, сұмдықты білмейтін, аққөңіл.* **3**. *Аңғал, сенгіш, ашықауыз.*

**Аңқау басым**. сөйл. экспр. *Өзінің аңғалдығын, сенгіштігін, болбырлығын айтып, аяушылықпен көрсету мәніндегі сөзқолданыс.* **Аңқау ел**. а) *Қулық-сұмдықты білмейтін, арамдығы жоқ, аққөңіл халық, жұрт.* ә) *Аңғал, сенгіш, аңғырт халық, жұрт.* **Аңқау елге арамза молда.** *Қоғамдағы өзгерістерден хабары жоқ ортаны билеу, басқару оңай деген мағынада.* **Аңқау қазақ.** *Қулық-сұмдықты білмейтін, қанына сіңген сенгіштігімен, арамдығы жоқ аңғырттығымен ерекшеленетін қазақ халқының ұлттық қасиетіне қатысты сөзқолданыс.*

**АҢҚАУ-АҢҒАЛ** сын. *Аңғырт, бейқам, еш нәрсе ойламайтын.*

**АҢҚАУЛАН**= ет. *Аңғал, аңғырт болып көріну.*

**АҢҚАУЛАНДЫР**= ет. *Аңғырттандыру, аңғалдандыру.*

**АҢҚАУЛАНУ** *Аңқаулан етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚАУЛАУ** сын. *Аңғалдау, аңғырттау.*

**АҢҚАУЛЫҚ** зат. **1**. *Болбырлық, ойсыздық, өмірге бейімсіздік, бейқамдық.* **2**. *Ашық ауыздық, сенгіштік.* **3**. *Аңғалдық, аңғырттық, байқамаушылық.* **4**. ауыс. *Тазалық, қулық-сұмдықты білмеушілік, пәктік.*

**Аңқаулық етті**. *Аңғырттық жасады, байқамай қалды.*

**АҢҚАУСУ** *Аңқаусы етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚАУСЫ**= ет. жағымсыз. *Аңғал болғансу, білмегенсу.*

**АҢҚАУСЫН**= ет. экспр. *Аңғалсыну, аңғыртсыну.*

**АҢҚАУСЫНУ** *Аңқаусын етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚАУСЫРА**= ет. экспр. *Өзін аңқау етіп көрсету, білмегенсу.*

**АҢҚАЮ** *Аңқай етістігінен жасалған қимыл атауы; аңыру, таңырқау, аң-таң болу.*

**АҢҚАЮЛЫ** сын. *Ашық қалулы (есік, терезе және т.б. туралы).*

**АҢҚИ**= ет. **1**. *Жабылмау, аңқаю; ашылу.* **2**. *Ашылып-шашылу, бос қалу.* **3**. *Аңыру, аңыраю.* **4.** ауыс. *Таңырқау, таңдану, таң қалу.* **5**. ауыс. *Бөгелу, кідіру, құр бос тұру.*

**АҢҚИТ**= ет. *Аңқайту, ашу.*

**АҢҚИТТА**= ет. *Суырдың ұрүі.*

**АҢҚИТТАУ** *Аңқитта етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚИЮ** *Аңқи етістігінің қимыл атауы; аңыру, аңырау.*

**АҢҚУ** *Аңқы етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1**. *Иістің төңірекке жайылуы.* **2**. *Желдің уілдеп қатты соғуы.* **3**. ауыс. *Дауыстың саңқылдап ашық шығуы.*

**АҢҚҰМАР** сын. *Аң аулауды сүйетін, аң дегенде ішкен асын жерге қоятын (адам).*

**АҢҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Аң аулауды сүюшілік, аңқостік.*

**АҢҚЫ**= ет. **1**. *Хош иістің төңірекке, маңайға жайылуы, таралуы.* **2**. *Жағымсыз иістің айналаны алып кетуі, сасу.* **3**. ауыс. *Дауыстың, үннің саңқылдап анық, ашық шығуы.* **4**. *Анық, айқын байқалу.* **5**. *Екпінмен, бар пәрменмен жүру, қозғалу.* **6**. *Желдің гуілдеп қатты соғуы, аңқылдап тұруы.*

**АҢҚЫЛ** зат. *Гуілдеген желдің екпіні.*

**АҢҚЫЛДА**= ет. **1**. *Желдің есіп, ұйтқып соғуы.* **2**. жағымды. *Ақтарыла сөйлеу, ағынан жарылу.* **3**. жағымсыз. *Дарақылану, лепіру.* **4**. *Ашық жарқындану, ақкөңілдену.* **5**. *Барын аямау, молқол болу.* **6**. *Ән-күйді екпіндету, құйқылжыту.* **7**. *Қатты дауыстау, саңқылдап сөйлеу.* **8**. ауыс. *Қатты жүру, ағындату, ызғыту.*

**АҢҚЫЛДАҒЫШ** сын. *Үні алысқа естілетін, құлақ жаратын, дауысы шыққыш.*

**АҢҚЫЛДАҚ** сын. **1**. *Арамдығы жоқ, ақкөңіл.* **2**. жағымсыз. *Дарақы, сөздің мәнісіне бара бермейтін.* **3**. *Даусы қатты шығатын.* **4**. *Қонақжай, молқолды.*

**Аңқылдақ мінез.** *Арсалаңдаған ашық, ақкөңіл мінез.*

**АҢҚЫЛДАҚТЫҚ** зат. *Аққөңілділік, ақжарқындық.*

**АҢҚЫЛДАТ**= ет. **1**. *Екпіндете жүргізу, ағындату, құйындату.* **2**. *Ақтарыла сөйлеу, ағынан жарылу.* **3**. *Ән-күйді құйқылжыта орындау, екпіндету.*

**АҢҚЫЛДАУ** *Аңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**АҢҚЫТ**= ет. **1**. *Хош иісті төңірекке, маңайға тарату, жаю.* **2**. *Екпінмен, бар пәрменмен жүру, қозғалу.*

**АҢЛА**= ет. сөйл. ***Аңда***.

**АҢЛАН**= ет. *Өздігінен байқалу, көріну.*

**АҢЛАТ**= ет. сөйл. ***Аңдат***.

**АҢЛАУ** *Аңла етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЛАУ-САҢЛАУ** сын. *Ашық-тесік, аңгал-саңгал.*

**АҢЛАУСЫЗДА** үст. сөйл. ***Аңдаусызда***.

**АҢЛЫ** сын. *Саналы, есті.*

**АҢЛЫ**= ет. сөйл. ***Аңды***.

**АҢПАЗ** сын. *Аңқұмар, аң аулағыш.*

**АҢСА**= ет. *Ынтығу, көксеу, сағыну, іздеу.*

**Аңсағанға сусаған**. *Іздегенге сұраған, ойлағаны болып, іздегені табылған.*

**АҢСАҒАЙ** моңғ. сын. *Ұзын, биік.*

**Аңсағай тартты**. *Ұзарды, биіктеді, қапсағайланды.*

**АҢСАҒАЙЛАН**= ет. *Биіктеп өсу, ұзару, қапсағайлану.*

**АҢСАҒАЙЛАНУ** *Аңсағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**АҢСАҒЫШ** сын. *Көксегіш, құмартқыш, қиялшыл.*

**АҢСАҚ** сын. *Аңқұмар, аңқөс, аң дегенде ішкен асын жерге қоятын.*

**АҢСАМАЛЫ** сын. сөйл. *Сағынышты, құштарлы.*

**АҢСАМПАЗ** сын. *Құмартқыш, аңсағыш.*

**АҢСАП-ШӨЛДЕ**= ет. *Аңсау, сағыну, зарығу, ынтығу.*

**АҢСАР**[1] зат. *Аңсаған, көксеген нәрсе.*

**Аңсары ауды**. *Құштар болды, көңілі ауды, құмартты.*

**АҢСАР**[2] зат. көне. *Ғылыми шығарма, трактат.*

**АҢСАРЛЫ** сын. *Аңсаған, көксеген, көңілі ауған.*

**АҢСАТ: аңсат өлім.** *Жасы үлкен адамдардың қиналмай, жеңіл дүниеден өтуі.*

**АҢСАТ**= ет. *Ынтықтыру, көксету, сағындыру.*

**АҢСАТТЫР**= ет. *Ынтықтыру, көксету, сағындыру.*

**АҢСАТТЫРУ** *Аңсаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҢСАТУ** *Аңсат етістігінің қимыл атауы.*

**АҢСАУ** *Аңса етістігінің қимыл атауы.*

**АҢСАУЛЫ** сын. *Көптен күткен, аңсаған, сағынышты.*

**АҢСАУШЫ** зат. *Көксеуші, ынтызар, ынтығушы, сағынушы.*

**АҢСЫЗ**[1] сын. *Аңы жоқ, аң мекендемейтін.*

**АҢСЫЗ**[2] үст. сөйл. **1**. *Абайсыз, аңдаусыз, байқаусыз.* **2**. *Бейқам, алаңсыз.*

**АҢСЫЗДА** үст. сөйл. ***Аңдаусызда***.

**АҢСЫЗДЫҚ** зат. *Аңдаусыздық, қамсыздық, бейқамдық.*

**АҢСЫҚ** зат. жерг. ***Асық***.

**АҢСЫРА**= ет. *Аң аулауды, аңға шығуды күту, сағыну, аңсау, көксеу.*

**АҢСЫРАУ** *Аңсыра етістігінің қимыл атауы.*

**АҢТАЙЛЫ** сын. сөйл. ***Оңтайлы***.

**АҢ-ТАҢ** үст. ***Таң-тамаша.***

**Аң-таң болды [қалды].** *Түсіне алмады, дал болды.*

**АҢТАРЫЛ**= ет. *Не істерін білмей аңыру, дағдару.*

**АҢТАРЫЛУ** *Аңтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**АҢТАРЫЛУЛЫ** сын. *Аңырулы, көңіл аударулы, дағдарулы.*

**АҢТАРЫЛЫС**= ет. *Бірнеше адамның не істерін білмей аңырысып, абдырасып қалуы, дағдарысуы.*

**АҢТАРЫС**= ет. *Бірнеше адамның аңырысып, дағдарысып, абдырап қалуы.*

**АҢША** үст. *Аң сияқты, аңға ұқсап.*

**АҢШЫ** зат. **1**. *Аңшылықпен айналысатын, аңшылықты кәсіп ететін адам.* **2**. ауыс. *Бір нәрсенің соңына түсуші, аңдушы.*

**АҢШЫДАЙ** сын. *Аңшы тәрізді, аңшы сияқты.*

**АҢШЫЛ** сын. *Аңқұмар, аңқөс, аңсақ.*

**АҢШЫЛА**= ет. *Аңмен әуестену, аңға шығу, аң қағу.*

**АҢШЫЛАУ** *Аңшыла етістігінің қимыл атауы.*

**АҢШЫЛЫҚ** зат. *Аң аулауды кәсіп етушілік.*

**АҢШЫЛЫҚТАНУ** зат. терм. *Аңшылық фаунаны қорғау және тиімді пайдалану, аңшылық шаруашылықты жүргізудің әдістері мен негізі туралы ғылыми пән.*

**АҢЫЗ**[1] зат. *Дәнді дақылдарды орып жинағаннан кейінгі егіс орны.*

**АҢЫЗ**[2] зат. геол. *Графикалық құжатқа берілетін қысқаша түсіндірме мәтін.*

**АҢЫЗ**[3] зат. <лат. legenda> **1**. *Өмірде болған адамдардың, тарихи тұлғалардың бастан кешкендері туралы ел аузындағы әңгіме.* **2**. әдеб. *Ел, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, көркемдік сипат алған фольклорлық, прозалық жанр.*

**Аңыз болды**. *Жақсы атағымен, ерлігімен ел арасына тарады, жайылды.* **Аңыз етті [қылды]**. *Белгілі бір оқиғаны, жағдайды әңгімелеп айтты, әңгіме өзегіне айналдырды.*

**АҢЫЗАҚ** зат. *Ылғалы өте аз, жаз айларындағы ыстық жел, аптап.*

**Аңызақ жел.** *Жазғытұрымда соғатын тым жылы әрі құрғақ жел.*

**АҢЫЗАҚТАЙ** сын. *Аңызақ тәрізді, аңызақ сияқты.*

**АҢЫЗ-ӘҢГІМЕ** зат. *Аңыздар мен әңгімелер жиынтығы.*

**АҢЫЗ-ӘПСАНА** зат. *Аңыздар мен әпсаналар жиынтығы.*

**АҢЫЗҒАҚ** зат. сөйл. ***Аңызақ***.

**АҢЫЗҒАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Аңызақтай.***

**АҢЫЗДА**[1]= ет. *Жел қағу, жел кеулеу.*

**АҢЫЗДА**[2]= ет. *Жарысу, бой таластыру, қаумаласу.*

**АҢЫЗДАЙ** сын. *Аңыз сияқты, аңыз тәрізді.*

**АҢЫЗДАНДЫР**= ет. *Аңызға айналдыру, аңызға негіз қылдыру.*

**АҢЫЗДАНДЫРУ** *Аңыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЫЗДЫ: аңызды сөз**. *Алып-ұшпа, алыпқашпа сөз.*

**АҢЫЗДЫҚ** зат. *Дәнді дақыл орылғаннан кейінгі егілетін жер.*

**Аңыздық дақыл**. *Жазда, күзде негізгі дақылды жинап ала салысымен орнына сол жылы егіліп өнім беретін дақыл.*

**АҢЫЗ-ЕРТЕГІ** зат. *Аңыздар мен ертегілер.*

**АҢЫЗШЫ** зат. *Аңыз-әңгіме айтушы.*

**АҢЫЛЖЫ**= ет. жерг. *Қаңырап бос қалу, құлазу.*

**АҢЫР**= ет. **1**. *Таң қалу, таңырқау.* **2**. *Дағдару, не істерін білмеу.* **3**. *Тоқтау, бөгелу, кідіру.*

**АҢЫРА**[1]= ет. **1**. *Бақырған дауыс шығару, боздау.* **2**. *Жылап-еңіреу, зар жылау, зарлау.* **3**. *Күйді, әнді тамылжыту, құйқылжыту, шырқау.* **4**. *Гуілдеу, азынау.*

**АҢЫРА**[2]= ет. *Қаңырау, бос қалу, иесіз қалу.*

**АҢЫРАЙ**[1]= ет. **1**. *Ашық-шашық қалу, жабылмау.* **2**. *Аңқаю, аңқию.* **3**. *Аңыру, дағдару.*

**АҢЫРАЙ**[2]= ет. ***Аңыра*** *(қаңырау, бос қалу, иесіз қалу).*

**АҢЫРАЙТ**= ет. *Аңқайту, аңқиту.*

**АҢЫРАЙТУ** *Аңырайт етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЫРАЙЫП-САҢЫРАЙЫП** үст. *Ашық-шашық, аңгал-саңгал.*

**АҢЫРАЙЫС**= ет. *Бірнеше адамның аңырып қалуы, аңқайысуы.*

**АҢЫРАҢДА**= ет. *Апалақтау, дегбірсіздену.*

**АҢЫРАТ**[1]= ет. **1**. *Жылату, зарлату, зар қақсату, зар илету.* **2**. *Күшті дауыс шығару, күңіренту, азынату.*

**АҢЫРАТ**[2]= ет. *Құйындату, қатты арындату, екпіндету, ызғыту.*

**АҢЫРАТУ** *Аңырат етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЫРАУ** *Аңыра етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бақырған дауыс шығару, боздау.* **2**. *Күйді, әнді тамылжыту, шырқау, құйқылжыту.*

**АҢЫРҚАҒАН** сын. *Уайым-қайғыға ұшыраған.*

**АҢЫРСЫТ**= ет. сөйл. ***Аңырат*** *(күшті дауыс шығару, күңіренту, азынату).*

**АҢЫРТ**= е т. *Таң қалдыру, таңырқату.*

**АҢЫРУ** *Аңыр етістігінің қимыл атауы.*

**АҢЫРУЛЫ** с ы н. *Аңтарулы, дағдарулы, көңіл аударулы.*

**АҢЫРЫС**= е т. *Таңырқасу, таңқалысу, дағдарысу.*

**АҢЫС** з а т. *Істің барысы, ыңғайы, мән-жайы.*

**Аңысын аңдады [аңдыды].** *Бір істің беталысын, ыңғайын байқады.*

**АҢЫС-АУЖАЙ** з а т. *Көңіл-күй, ыңғай.*

**АҢЫСҚОЙЛЫҚ** з а т. *Аңғарғыштық, істің барысын байқағыштық.*

**АҢЫСТА**= е т. *Аңғару, байқау.*

**АОРИСТ** [грек. aoristas] з а т. л и н г в. *Үндіеуропа тілдерінде толықтай өткен шаққа жатқызылатын етістіктің шақ-тұлғалық формасы.*

**АОРТА** [лат. aorta] з а т. б и о л. ***Қолқа***.

**АОРТИТ** з а т. м е д. *Қолқа қабыну сырқаты.*

**АП**[1]**: ап дегенде**. *Шу дегенде, ә дегенде, әуел баста, о баста.*

**АП**[2] е л і к. *Ауыр затты көтергенде, әуп деген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Ап деді**. а) *Әуп деп көтерді.* ә) б а л а т і л і. *Тамақ асағандағы ерекше дыбысты бейнелейтін сөз, тамақты жеп қойды.* **Ап етті**. *Шап етті, қарсыласты.* **Апы кіріп, күпі шықты.** *Асығыс-үсігіс қимылдады, асып-састы.*

**АП**= е т. с ө й л. *Алып етістігінің қысқарған формасы.*

**АПА** з а т. **1**. *Баланың туған анасы, шешесі.* **2**. *Бірге туған қыздардың үлкені, әпке.* **3**. ж е р г. *Әкесінің шешесі, әжесі.* **4**. ж е р г. *Жасы үлкен әйел адамды құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.*

**АПАЖАН** з а т. **1**. *Апасына еркелеу, оны қастер тұту мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Апасына еркелеу, оны қастер тұту мағынасында айтылатын атауыш.*

**АПАЙ**[1] з а т. **1**. *Жасы үлкен әйелге құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Жасы үлкен әйелге құрмет білдіре айтылатын атауыш.* **3**. *Әйел мұғалімді сыйлау мағынасында ресми айтылатын атауыш.*

**АПАЙ**[2] з а т. ж е р г. *Төскей бет.*

**АПАЙ-ТОПАЙ** ү с т. *Апыр-топыр, астан-кестен, апалаң-топалаң.*

**Апай-топайын шығарды**. *Астан-кестенін шығарды, апыр-топыр қылды.*

**АПАЙТӨС** с ы н. **1.** *Кең кеуделі, омыраулы.* **2**. *Кең алқапты, төскейлі.*

**АПА-ҚАРЫНДАС** з а т. *Туған я туыстас келетін әйел адамдар.*

**АПАҚ-САПАҚ** з а т. *Кешкілік, алакөлеңке, қараңғы түсе бастаған кез.*

**АПАҚ-САПАҚТА** ү с т. *Кешкілікте, қарбалас уақытта, алакөлеңкеде.*

**АПАҚ-ШАПАҚ** ү с т. *Мәз-мәйрам, мәре-сәре.*

**АПАЛА**= е т. с ө й л. *«Апа, апа» деу.*

**АПАЛАҚТА=** е т. *Не істерін білмеу, сасқалақтау, абыржу.*

**АПАЛАҚТАС**= е т. *Бірнеше адамның сасқалақтауы, не істерін білмей, абыржуы.*

**АПАЛАҚТАУ** *Апалақта етістігінің қимыл атауы.*

**АПАЛАҢ-ТОПАЛАҢ** ү с т. *Апыр-топыр, апыл-ғұпыл, астан-кестен.*

**Апалаң-топалаң болды**. *Абыр-сабыр болды, асып-састы, астан-кестені шықты.*

**АПАЛЫҚ** с ы н. *Апаға тән, апаға қатысты (қасиет).*

**АПАЛЫ-СІҢЛІДЕЙ** с ы н. *Өте жақын, бірге туған қыздардай, апасы мен сіңлісі сияқты.*

**АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ** с ы н. *Үлкенді-кішілі жақын, туған әйелдер, қыздар.*

**АПАН** з а т. **1**. *Ойылған жер, шұңқыр.* **2.** *Қасқырдың, аюдың жасырынатын шұңқыры, іні.* **3.** *Ауызы кең, суы тайыздан шығатын құдық.*

**Апан құдық**. *Терең құдық.*

**АПАНДАЙ** с ы н. **1**. *Апан сияқты, апан тәрізді.* **2.** а у ы с. *Ебедейсіз үлкен, қолапайсыз.*

**АПАНДЫ** с ы н. *Апаны көп, апаны мол.*

**АПАНША** з а т. *Көлемі шағын, кішкене апан.*

**АПАП-ТАПА**= е т. с ө й л. *Жапыру, қопару, тез қимылдау.*

**АПАП-ТАПАУ** *Апап-тапа етістігінің қимыл атауы.*

**АПАР**= е т. **1**. *Затты бір жерден екінші жерге алып бару, жеткізу.* **2**. *Алып кету, соңына ерту, бастау.* **3**. *Жақындату, таяту.*

**Апарып соқты**. *Тап болды, ұшырады, жетті.*

**АПАРА** ор. з а т. *Ашытқы қосылған қамыр.*

**АПАРҒЫЗ**= е т. *Затты бір жерден екінші жерге алып барғызу, апарту.*

**АПАРҒЫШ** с ы н. *Апаруға құмар, апара бергіш.*

**АПАРҒЫШТА**= е т. *Жиі апарып тұру.*

**АПАРҒЫШТАУ** *Апарғышта етістігінің қимыл атауы.*

**АПАРТ**= е т. *Затты бір жерден екінші жерге апарғызу.*

**АПАРТЕИД** [африка. appartheid] з а т. с а я с и. *Адамдарды түрі мен ұлтына, дініне қарай бөлектеу.*

**АПАРТОН** з а т. с ө й л. ***Оппортунист***.

**АПАР-ТОПАР** з а т. *Ырду-дырду, шымшытырық.*

**АПАРТУ** *Апарт етістігінің қимыл атауы.*

**АПАРУ** *Апар етістігінің қимыл атауы.*

**АПАРУШЫ** з а т. *Алып барушы.*

**АПАРЫЛ**= е т. *Бір жерден екінші жерге әкеліну, тасымалдану.*

**АПАРЫЛУ** *Апарыл етістігінің қимыл атауы.*

**АПАРЫС**= е т. *Бірнеше адамның әкелуі, бірге тасымалдауы.*

**АПА-САПА** ү с т. *Абыр-сабыр, әбігер.*

**АПАС-ҚАПАС** ү с т. *Қарбалас, асығыс тез.*

**АПАС-ҚАПАСТА** ү с т. *Асығыста, қарбаласта.*

**АПАСТИЯ** [грек. apastia] з а т. *Тамақ ішуді тежеуді білдіретін ұғым.*

**АПАТ**[1] [ар. آفات] з а т. **1**. *Қауіп-қатер, қырғын, ауыртпалық.* **2.** *Мәшине немесе басқа техниканың бүлінуі нәтижесінде адам өліміне соқтыратын оқиға.*

**Апат болды**. а) *Қаза тапты, қырылды.* ә) *Жайсыз, қолайсыз болды.* **Апат комиссары**. *Сақтандырылған мүлкіне байланысты сақтандыру жағдайы туған кезде сақтандырушылар өз мүдделерін қорғау үшін қызметіне жүгінетін адам, жеке не заңды тұлға.* **Апатқа ұшырады.** *Зор шығынға ұшырады, шығын болды, қаза тапты; күл-талқаны шығып қирады, бүлінді.* **Апат сертификаты**. э к о н. *Сақтандырылған мүлікке келтірілген зиянның сипатын, мөлшері мен салдарын растайтын құжат.*

**АПАТ**[2] ү с т. *Шапшаң, тез.*

**АПАТАЙ** з а т. *Апасынан немесе жасы сол тұстас әйел адамнан бір нәрсені жалына сұрағанда құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**АПАТАЙЛА**= е т. с ө й л. *Апатай-апатай деу.*

**АПАТИТ** [грек. apate] з а т. м и н. *Фосфаттар тобына жататын минералды зат.*

**АПАТИЯ** [грек. apatheia] з а т. *Енжарлық, селқостық, сылбырлық.*

**АПАТРИД** [грек. а – емес, жоқ, patris – отан] з а т. қ ұ қ ы қ. *Жер бетіндегі бірде-бір мемлекетте азаматтығы жоқ жеке тұлға.*

**АПАТРИДИЗМ** [лат. apatris] з а т. с а я с и. *Жер бетіндегі бірде-бір мемлекетте азаматтығы жоқ адамның әлеуметтік-құқықтық жағдайын көрсететін ұғым.*

**АПАТТА**= е т. *Қырып жою, қырғынға ұшырату.*

**АПАТТЫ** с ы н. *Қауіп-қатерлі, зиянды, ауыр, қиын-қыстаулы.*

**Апатты сигнал**. и н ф. *Ақауды іздестіру үшін желілерде қолданылатын әдіс.* **Апатты қойма**. к е н. *Кен кәсіпорындарының қалыпты жұмыс режимі бұзылған кезде пайдалы қазбаларды сақтауға арналған қойма.* **Апатты тасқын**. с у ш а р. *Су шаруашылық және гидроэкологиялық есептерде өте сирек қайталанатын, көлемі өте жоғары тасқын (су тасу).*

**АПАТТЫҚ** с ы н. *Апатпен байланысты, апат орын алған.*

**Апаттық жағдай.** и н ф. *Міндеттерінің орындалуын тоқтатуға әкелетін есептеуіш жүйенің істен шығуы.* **Апаттық табалдырық кен.** *Апатты жағдайда барлық балқыманы немесе әрбір шалаөнімді жеке-жеке шығаратын табалдырықтар.*

**АПАТШЫЛ** с ы н. *Апатқа, қырғынға ұшыратқыш.*

**АПАШ-ҚҰПАШ** ү с т. *Асығыс-үсігіс, қарбалас, тез, жылдам.*

**АПАШЫМ** з а т. э к с п р. **1**. *Көбіне анасына деген ыстық сезімін білдіру үшін айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Анасына деген ыстық сезімін білдіру үшін айтылған атауыш.*

**АПВЕЛЛИНГ** [ағыл. up — жоғары, well — көтерілу, сау ете түсу] з а т. г е о г р. *Теңіз, мұхиттардың 300 метрге дейінгі қоректік элементтермен қаныққан суық, терең судың жоғарғы бетке көтерілу үрдісі.*

**АПВЕЛИНГТІК** с ы н. *Апвеллингке қатысты.*

**АПГРЕЙД** [ағыл. upgrade] з а т. и н ф. *Бір немесе бірнеше бөлікті қосу немесе алмастыру арқылы компьютерді жақсарту жолы.*

**АПДЕЙТ** [ағыл. update] з а т. и н ф. *Іздеу жүйелерінде сайттардың орындарын өзгертетін іздеу базасының жаңару процесі.*

**АПЕЙРОН** [грек. apeiron] з а т. *Ерте заманғы грек материалисі Анаксимандрдың философиясы бойынша, сапасы айқын емес, шексіз бастапқы зат.*

**АПЕКЕ** з а т. с ө й л. **1**. *Жасы үлкен әйел адамды сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Жасы үлкен әйел адамды сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылатын атауыш.*

**АПЕКС** [лат. apex] з а т. а с т р. *Күн қозғалысындағы аспан нүктесі.*

**АПЕЛЛЕНТ** [лат. appellens] з а т. *Жануарларды қызықтырып келтіру үшін қойылатын азық, жем.*

**АПЕЛЛЯНТ** з а т. з а ң. *Апелляцияға арыз берген тұлға.*

**АПЕЛЛЯЦИЯ** [лат. appellatio] з а т. з а ң. *Айыпкердің сот үкіміне наразылығы жөнінде жоғарғы сотқа берген шағымы.*

**АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ** с ы н. з а ң. *Апелляцияға тән, апелляцияға қатысты, қайта қараушылық, қайта тексерушілік*.

**АПЕЛЬСИН** [ағыл. apple – алма, china – қытай] з а т. ө с. <лат. citrus sinensis> **1.** *Жылы жақта өсетін, цитрус тұқымдасына жататын*

*жеміс ағашы.* **2.** *Жеміс ағашының қызыл сары түсті жемісі.*

**АПЕРИТИВ** [франц. aperitif] зат. *Тәбет ашатын, көбіне спиртті сусындар.*

**АПЕРКОТ** зат. спорт. *Бокста көбіне жақын арақашықтықта ұрыс салғанда қолданылатын, төменнен ұрылатын соққы.*

**АПЕРСЕРИЯ** [исп. aperseria] зат. экон. *Латын Америкасында, Испанияда сақталған сыбағаластық аренданың түрі.*

**АПЕРТУРА** [лат. apertura] зат. *Диафрагма не линза мөлшерімен анықталатын оптикалық жүйенің әсер етуші тесігі.*

**АПЖЫЛАН** зат. сөйл. ***Әбжылан.***

**АПЖЫЛАНДАЙ** сын. сөйл. ***Әбжыландай.***

**АПИОЗОМОЗ** [лат. Apiosoma] зат. *Кірпікшелі кебісше арқылы тұқымда пайда болатын паразитті ауру.*

**АПИТЕРАПИЯ** [лат. apis – ара, грек. therapeia – емдеу] зат. мед. *Адам бойындағы түрлі ауруды ара уын пайдалану арқылы емдеу әдістері.*

**АПИЫН** [ир. افیون] зат. <грек. opion> **1**. *Көкнәр қауашағынан алынатын шырын.* **2.** *Естен тандыратын, жаңылдыратын нәрсе, есірткінің бір түрі.*

**Апиын көкнәр**. өс. <лат. papaver somniferum> *Көкнәр тұысына жататын ірі гүлді (әдетте қызыл түсті) қауашағында ұсақ тұқымдары болатын, қауашағынан алынған сүтті шырынының ұйықтататын, елітетін қасиеті бар шөптесін өсімдік.*

**АПИЫНДАЙ** сын. *Апиын сияқты, апиын тәрізді.*

**АПИЫНШЫ** зат. *Апиынды үнемі пайдаланатын адам.*

**АПКӘУСАР** зат. *Жұмақтағы зәмзәм суы, мөлдір де дәмді су.*

**АПКЕ** зат. сөйл. ***Әпке.***

**АПКЕЛ=** ет. сөйл. *Алып кел етістігінің қысқарған түрі, әкелу.*

**АПЛАЗИЯ** [грек. а – жоқ, емес, plasis – түзілім] зат. мед. *Қандай да бір дене мүшесінің туылғаннан жоқтығы.*

**АПЛАНАТ** [грек. а – жоқ, емес, planes – адасу, ауытқу, қате] зат. тех. *Диафрагмамен салыстырғанда симметриялы орналасқан екі ахроматты линзадан тұратын, аберрациялық кемшіліктерден арылған фотографиялық объектив.*

**АПЛАНОСПОРА** [грек. aplanes – қозғалмайтын, spora – тұқым] зат. бот. *Кейбір балдырлардың жыныссыз көбейгенде түзілетін талшықсыз қозғалмайтын споралары.*

**АПЛАЦЕНТАЛ** [грек. а – жоқ, лат. placenta – күлше] зат. зоол. *Іштегі төл жолдасы – плацентасы жетілмеген сүтқоректі жануар.*

**АПЛИТ** [грек. haploos] зат. геол. *Түсті материалдары өте аз не мүлде болмайтын ақ, ақ сұр, сарғылт, қызғылт түсті, желілі, қышқыл құрамды магмалық тау жынысы.*

**АПНОЭ** [грек. apnoia] зат. мед. *Қанда көмір қышқылының жетіспеуінен тыныс алудың уақытша тоқталуы.*

**АПОГЕЙ** [грек. apogeios] зат. астр. *Ай орбитасы мен жасанды Жер серігінің жер кіндігінен ең қашық нүктесі.*

**АПОДЕЙКТИКА** [грек. apodektikos] зат. филос. *Дау-таласссыз дәлелденетін, мейлінше нанымды, айқын білім.*

**АПОКОПА** [грек. apokophe] зат. лингв. *Фонетикалық процестің нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың жоғалуы, соңғы буындардың түсіріліп айтылу құбылысы.*

**АПОКРИН** [грек. apokrino] зат. мед. *Ағзадағы бездердің бір түрі.*

**АПОКРИФТЕР** [грек. Apokruphos] зат. діни. *Шіркеулер зиянды әрі жалған деп жариялаған көне және жаңа өсиеттің бірқатар шығармалары.*

**АПОЛЛОН** зат. зоол. <лат. parnassius apollo> *Қабыршық қанатты жәндіктер отрядына жататын көбелек.*

**АПОЛОГЕТ** [грек. apologeia] зат. филос. *Белгілі бір идеяны, бағытты қорғайтын адам.*

**АПОЛОГИЯ** [грек. apologia] зат. филос. *Белгілі бір идеяны, бағытты немесе біреуді қорғау, шамадан тыс мадақтау.*

**АПОМИКСИС** [грек. apo – жоқ, емес, mixis – араласқан] зат. бот. *Өсімдіктерде кездесетін жыныссыз жолмен көбею, яғни жыныспен көбеюдің өткен сатыларының бұзылуы салдарынан тұқымның ұрықтанбай дамуы.*

**АПОНЕВРОЗ** [грек. apo – жоқ, н – сыз, neuron – жүйке] зат. мед. *Жалпақ бұлшықеттердің сіңірі.*

**АПОПЛЕКСИЯ** [грек. apoplexia] зат. мед. *Миға қан құйылуы немесе мидағы қан тамырларының бітеліп қалуы салдарынан адамның есінен танып құлауы.*

**АПОРТ**[1] зат. бот. **1**. *Қазақстанның оңтүстік облыстарының таулы аймақтарында өсетін, суыққа төзімді алма ағашы.* **2**. *Алма ағашының өте ірі (250–400 г), дөңгелек, түсі шымқай қызыл, шырынды, қышқылтым тәтті, хош иісті жемісі.*

**Апорт алма**. *Алманың ерекше хош иісті, шырынды сұрпы.*

**АПОРТ**[2] зат. экон. *Акциялардың ақысын төлеу үшін акционерлік қоғамға түсетін мүлік.*

**АПОСТОЛ** [грек. apostolos] зат. діни. *Христиандықтың алғашқы кезеңдерінде бір қауымнан екінші қауымға жаяу жүріп жетіп, дін уағыздаған әулиелер.*

**АПОСТРОФ** [грек. apostrophos] зат. лингв. *Кейбір тілдерде дауыстының түсіп қалғанын білдіру үшін қолданылатын үтір тәрізді белгі.*

**АПОФЕМА** [грек. apothema] зат. **1**. *Дұрыс көпбұрыштың центрінен оның кез келген қабырғасына түсірілген а перпендикулярдың кесіндісі.* **2.** *Дұрыс пирамиданың бүйір жағы болатын ұшбұрыштың а-ға тең биіктігі.*

**АПОФЕОЗ** [грек. apotheosis] зат. өнер. *Оперalық, балеттік шығарманың, мерекелік концерт бағдарламасының халықты, қаһарман батырды, елеулі қоғамдық оқиғаны мадақтайтын соңғы салтанатты қорытынды сахнасы, бөлімі.*

**АПОФЕРМЕНТ** [грек. apo – одан, онсыз; лат. fermentum – ашытқы] зат. биол. *Күрделі ферменттердің субстратқа деген талғамдылығын анықтайтын ақуызды бөлігі.*

**АПОФИЗ** [грек. apophysis] зат. биол. *Адам мен жануарлар сүйектерінде қосымша шығатын сүйек өсіндісі.*

**АПОФИЗА** [грек. apophysis] зат. геол. *Сыйыстырушы жыныстар арасына тарамдалған магмалық дененің желі тәрізді тармағы.*

**АППАЙ-ШАППАЙ** үст. *Жан қинамай, әуреленбей, босқа, текке.*

**АППАҚ** сын. **1**. *Қар түстес, кіршіксіз ақ түс.* **2.** ауыс. *Адал, таза.*

**Аппақ құдай [құдай болды].** а) *Боп-боз, жуған шүберектей, жүзінде бір тамшы қаны жоқ, қан-сөлсіз.* ә) *Ағарды, ақшылданды.* **Аппақ сақалымен.** *Үлкен басымен.* **Аппақ сақалын көкке бояды.** *Жасына сай емес тірлік қылды деген мағынада.* **Аппақ шағаладай**. *Ақ қардай кіршіксіз, таза.*

**АППАРАТ**[1] [лат. apparatus] зат. **1**. тех. *Механикалық құрал-жабдық, аспап.* **2**. физиол. *Ағзаның өмір сүруі үшін қажетті жұмыс атқаратын органдар жиынтығы.*

**АППАРАТ**[2] зат. **1**. *Басқару ұйымдарындағы мекемелер мен қызметкерлердің жиынтығы.* **2**. *Ұйым қызметкерлерінің жиынтығы, мекеменің штаты.* **3**. *Ғылыми еңбектің ескертулері, көрсеткіштері мен басқа да көмекші мәліметтері.*

**АППАРАТТЫҚ** сын. *Аппаратқа тән, аппаратқа қатысты.*

**Аппараттық жасақтама**. инф. *Бағдарламаларды не мәліметтерді сақтау, өңдеу немесе жеткізу үшін пайдаланатын физикалық жабдық.* **Аппараттық қыстырма**. инф. *Техникалық құралдармен өңдеуде ақпараттың қауіпсіздігін бұзу үшін оны өңдейтін техникалық құралдар элементтеріне енгізілетін немесе жалғанатын электронды құрылғы.*

**АППАРАТУРА** зат. **1.** *Құрал-сайман, құрал-жабдық.* **2**. инф. *Компьютердің техникалық құралдары мен физикалық жабдықтары.*

**АППАРАТШЫ** зат. *Аппарат тілін білетін шебер.*

**АППАРЕЛЬ** [франц. appareil] зат. әск. *Әскери-инженерлік істе тік жерлерге қойылатын көлбеу құлама.*

**АППЕНДИКС** [лат. appendix] зат. биол. *Бүйендегі құрт тәрізді өсінді.*

**АППЕНДИКУЛЯРИЯ** [лат. appendicula] зат. зоол. *Хордалылар типінің қабықтылар тип тармағына жататын топ.*

**АППЕНДИЦИТ** зат. мед. ***Соқырішек.***

**АППЕРКОТ** [ағыл. upper-cut] зат. спорт. *Бокста, әдетте төменнен, иек астынан соғу.*

**АППЕРЦЕПЦИЯ** [лат. ad – қатысты, perceptio – қабылдау] зат. пед. *Адам психикасының дүниені қабылдауы, сыртқы дүниенің әсеріне, біліміне, мақсат-мүддесіне, әдет-ғұрып, тәжірибесіне байланысты болатын адам психикасындағы маңызды қасиеттердің бірі.*

**АППЛИКАТА** [лат. applicata] зат. мат. *Нүктенің өстік кеңістіктегі орнын анықтайтын шама.*

**АППЛИКАЦИЯ** [лат. applicatio] зат. *Бейнелі көріністерді басқа материалдар қиындысымен әрлеу, безендіру тәсілі.*

**АППРОКСИМАЦИЯ** [лат. approximare] зат. мат. *Математикалық шаманың (сан, функция т.б.) басқа қарапайым математикалық шамамен жуықтап өрнектелуі.*

**Аппроксимация қатесі**. мат. *Нақты сандарды дөңгелектеу нәтижесінде туындайтын қате.*

**АПРЕЛЬ** [лат. aprilis] зат. *Көктем айының бірі, яғни жылдың төртінші айы, сәуір.*

**АПРИОН** зат. зоол. *Үнді және Тынық мұхиттарының терең жерлерінде таралған алабұға тәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**АПРИОРИ** [лат. apriori] зат. филос. *Долбар, мөлшер, шама.*

**АПРИОРЛЫ** сын. филос. *Долбарлы, шамамен.*

**АПРОБАЦИЯ** [лат. approbatio] зат. **1**. *Егіс пен жеміс-жидек дақылдарын, мал тұқымдарының түрлері мен сапасын анықтап қабылдау.* **2**. *Зерттеу жұмысын талқылап, қабылдау.*

**АПСАҒАЙ** сын. *Ұзын, биік, сидаң.*

**АПСАҒАЙЛАН=** ет. *Ұзару, биіктену.*

**АПСАҒАЙЛАНУ** *Апсағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**АПСАЛДАЙ** сын. *Даңғарадай, еңгезердей, арбиған.*

**АП-САП** зат. *Апыр-топыр, у-шу, қарбалас.* **Ап-сап етті.** *Тас-талқан етті, тып-типыл етті, жоқ қылды.*

**АПСЕЛЬ** [нидерл. aap-zeil] зат. балықшар. *Кеменің биік діңгегі мен көлденең ағашы арасындағы қиғаш желкен.*

**АПСИ=** ет. *Арса-арса болу.*

**АПСИДА** [грек. hapsis] зат. сәулет. *Ғимараттың шығыңқы келген дөңгелекше бөлігі.*

**АПТА**[1] [ир. هفته] зат. *Ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі.*

**АПТА**[2] зат. сөйл. ***Аптап.***

**АПТА**[1]= ет. *Жылтыратып жағу, жалату.*

**АПТА**[2]= ет. **1.** *Қару, ыстық ұру.* **2.** этн. *Ұшықтау, сипау арқылы емдеу.*

**АПТАДАЙ** үст. *Бір аптаға жуық, жақын.*

**АПТАЛ** сын. **1.** *Қарулы, қайратты.* 2. *Ірі, еңгезердей.*

**АПТАЛ=** ет. *Қапталу, әдемілену.*

**АПТАЛА=** ет. *Қорша, қапта.*

**АПТАЛАП** үст. *Бірнеше апта бойы.*

**АПТАЛАП-АЙЛАП** үст. *Бірнеше апта, бірнеше айлап, ұзақ.*

**АПТАЛДА=** ет. ***Қапта.***

**АПТАЛУ** *Аптал етістігінің қимыл атауы.*

**АПТАЛЫҚ** зат. **1**. *Бір аптаға арналған іс-шара, бір апта бойы істелетін жұмыс, бір апта көлеміндегі іс.* **2**. *Аптасына бір рет шығатын (басылым).*

**АПТАЛЫП-КҮПТЕЛ=** ет. *Әшекейлену, әдемілену.*

**АПТАЛЫП-КҮПТЕЛУ** *Апталып-күптел етістігінің қимыл атауы.*

**АПТАП** [ир. افتاب] зат. **1**. *Күннің көзі, сәулесі.* **2**. *Күннің ыстығы, қызуы.* **3.** ауыс. *Қаһар, кәр, ызғар.*

**Аптабы басылды**. *Ыстығы қайтты, салқындады.*

**АП-ТАП** зат. көне. *Әуре-сарсаң, қиыншылық.*

**АПТАП-КҮПТЕ=** ет. *Безендіру, әшекейлеу, әдемілеу.*

**АПТАПТАЙ** сын. *Аптап сияқты, аптап тәрізді.*

**АПТАПТЫ** сын. *Шыжыған ыстық, қызулы.*

**АПТАТ**[1]= ет. *Жылтыратып жаққызу, жалаттыру.*

**АПТАТ**[2]= ет. этн. *Ұшықтату, сипату, сүрткізу.*

**АПТАТУ** *Аптат етістігінің қимыл атауы.*

**АПТАУ**[1] *Апта етістігінің қимыл атауы; жылтыратып жағу, жалату.*

**АПТАУ**[2] *Апта етістігінің қимыл атауы; жағу, сипау арқылы емдеу.*

**АПТЕК** ор. зат. сөйл. ***Аптека.***

**АПТЕКА** [грек. apotheke] зат. ***Дәріхана.***

**АПТЕКАРЬ** зат. сөйл. ***Аптекашы.***

**АПТЕКАШЫ** зат. *Дәріханашы аптекада дәрі-дәрмек дайындап, сататын адам.*

**АПТЕКШЕ** зат. сөйл. *Шағын көлемді дәрі-дәрмек жиынтығы.*

**АПТЕРИЯ** [грек. а – жоқ, емес, pteron – қауырсын] зат. зоол. *Құстардың қауырсындары түсіп қалған жері.*

**АПТЕЧКА** ор. зат. ***Аптекше.***

**АПТЫҒА-АЛҚЫНА** үст. *Қатты сасқанда сүрініп-қабынып, асыға-үсігe.*

**АПТЫҒУ** *Аптық етістігінің қимыл атауы.*

**АПТЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Асығыстық, қарбаластық.*

**АПТЫҒЫ-АЛҚЫНЫП** үст. *Аптыға-алқына.*

**АПТЫҒЫП-ҮПТІК=** ет. *Асып-сасу, абыржу, сасқалақтау.*

**АПТЫҒЫС** зат. *Күйгелектік, асып-сасушылық.*

**АПТЫҒЫС=** ет. *Бірнеше адамның асып-сасуы, асығуы, демігуі.*

**АПТЫҒЫС-ҚАРБАЛАС** сын. *Жүйесіз, асығыс-үсігіс.*

**АПТЫҚ=** ет. **1**. *Асып-сасу, алқыну, ентігу.* **2**. *Асып-тасу, асқақтау.*

**Аптығын басты**. а) *Ентігін басты, тынышталды, көңілі орнына түсті.* ә) *Бетін қайтарды, тойтарды.* б) *Сабасына түсірді; қарқынын, жынын, көкірегін басты.*

**АПТЫҚҚЫШ** сын. *Асыққыш, алып-ұшпа, асығып-аптығатын.*

**АПТЫҚТЫР=** ет. *Асып-састыру, алқындыру, ентіктіру, асықтыру.*

**АПТЫҚТЫРУ** *Аптықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**АПУ: апу ет**. сөйл. ***Ғафу ет.***

**АПУ-КҮПУ** үст. *Әні-міне, осы қазір, кешікпей, тез, енді-енді.*

**АПШУ** *Апшы етістігінің қимыл атауы; қысқару, кішірею.*

**АПШЫ=** ет. **1**. *Қысқару, кішірею.* **2.** ауыс. *Шыдамы таусылу, төзімі біту.*

**АПШЫ: апшысын қуырды [алды, тарылтты].** а) *Көлемін тарылтты, азайтты.* ә) *Асып-састырды, тездеттірді, есін шығарды.*

**АПШЫРЫЛ=** ет. *Қысқару, кішірею.*

**АПШЫРЫЛУ** *Апшырыл етістігінің қимыл атауы*

**АПЫ: апы кіріп, күпі шықты**. *Асып-састы, абыржыды, сасқалақтады.*

**АПЫ-КҮПІ** үст. *Асығыс-үсігіс, қауырт.*

**АПЫЛ** үст. сөйл. ***Апыл-тапыл.***

**АПЫЛ=** ет. *Тездету, асығу.*

**АПЫЛ-ҒҰПЫЛ** үст. сөйл. ***Апыл-құпыл.***

**АПЫЛ-ҚҰПЫЛ** үст. *Асығыс-үсігіс, тез.*

**АПЫЛ-ТАПЫЛ** үст. *Тәй-тәй, қаз-қаз.*

**Апыл-тапыл басты**. а) *Аяғын жаңадан басып жүре бастады.* ә) *Жаңадан қалыптаса бастады.*

**АПЫЛ-ТҰПЫЛ** үст. сөйл. ***Апыл-тапыл.***

**АПЫҢ-КҮПІҢ** үст. сөйл. ***Апы-күпі.***

**АПЫРА-ЖАПЫРА** үст. ***Апырып-жапырып.***

**АПЫР-АЙ** од. сөйл. *Өкіну, таңырқау мәнін білдіретін сөз.*

**АПЫРАЙЛА=** ет. *Қайран қалу, таң-тамаша болу, шошу, «апыр-ай, апыр-ай» деу.*

**АПЫРАҚ** сын. *Есерсоқ, сотқар.*

**АПЫРАҚТА=** ет. *Тапырақтау, тасырлау.*

**АПЫРАҢДА=** ет. *Асығу, аптығу.*

**АПЫРАҢДАТ=** ет. ***Адыраңдат.***

**АПЫРАҢДАУ** *Апыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**АПЫР-АУ** од. сөйл. *Өкіну, таңырқау мәнін білдіретін сөз.*

**АПЫР-ЖҰПЫР** үст. сөйл. ***Апыр-топыр.***

**АПЫР-ТОПЫР** үст. *Үйме-жүйме, апыр-жұпыр.*

**Апыр-топыр болды**. *Ұйқы-тұйқы болды, астан-кестені шықты.*

**АПЫР-ТҰПЫР**[1] үст. сөйл. ***Апыр-топыр.***

**АПЫР-ТҰПЫР**[2] елік. *Опыр-топыр қимылды бейнелейтін сөз.*

**Апыр-тұпыр етті**. *Дүсірледі, тарсылдады, тасырлады.*

**АПЫР-ШҰПІР** үст. сөйл. ***Апыр-топыр.***

**АПЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Ыбырсық.***

**АПЫРЫҚ=** ет. сөйл. ***Аптық.***

**АПЫРЫЛЫС-САПЫРЫЛЫС** зат. *Бейберекет, әрлі-берлі қозғалыс.*

**АПЫРЫМ-АЙ** од. сөйл. *Өкіну, таңырқау мәнін білдіретін сөз.*

**АПЫРЫМ-АУ** од. сөйл. *Өкіну, таңырқау мәнін білдіретін сөз.*

**АПЫРЫП-ЖАПЫР=** ет. **1**. *Өндіру, тындыру, қаусату, қопарту, қомағайлану.* **2**. *Баса көктеу, ығыстыру.*

**АР**[1] [ар. عار] зат. *Адамгершілік қасиет, намыс, ұят.*

**Ардан аттады**. *Адамшылықты, ар-ұятты, сыпайыгершілікті сақтамады, ахлақ тәртібіне қарсы қылық істеді.* **Ардан безді.** *Ар-ожданнан, ұяттан айрылды.* **Ар көрді [санады].** *Ұят санады, лайық емес деп ұғынды, намыстанды.* **Ар құны.** тар. *Ар-намысқа тигені үшін төленетін төлем.* **Ар, намысын жоқтады.** *Арын, намысын қорғады.* **Ар тұтты.** *Арланды, намыстанды.* **Ары бармады**. *Ұяты жібермеді, батылы жетпеді, дәті шыдамады.* **Арына дақ түсірді.** *Абыройын төкті.* **Арына кір шалдырды.** *Ұят келтірді, дақ түсірді.* **Арынан аттап, бетіне шіркеу салды**. *Ұятқа қалдырып, атына кір келтірді, табаға қалдырды.* **Арын арлады**. *Кегін кектеді, намысын жыртты, жоғын жоқтады, намысын қорғады.* **Арын аттады**. *Намысын қорлады, ұятқа қалдырды, атына кір келтірді.* **Арын аяққа басты**. *Арын сатты, қорлады.* **Арын былғады**. *Намысына кір келтірді.* **Арын кірге шалдырды.** *Намысқа кір келтірді, дақ түсірді, намысты аяққа бастырды.* **Арын күзетті.** *Ар-ұятын, намысын сақтады.* **Арын сақтады**. *Намысын қорғады, намысын жібермеді, адамгершілігін сақтады.* **Арын сатты**. *Арсыздыққа салынды, ұяттан безді, адамшылығынан айырылды, ұятқа қарамады.* **Арын төкті.** *Ұятқа қалдырды, намысын қорлады.* **Ары таза**. *Күнәсіз, бейкүнә, адал.* **Ары тапшы.** *Ұятсыз, ардан безген.* **Ары төгілді.** *Намысы қорланды, ұятқа қалды.*

**АР**[2] [лат. area] зат. физ. *$100$ м$^2$-ге тең метрлік жүйедегі аудан өлшемі.*

**АР**[3]**: ар жақ**. а) *Қарсы жақ, арғы бет.* ә) *Жалғасы, аяғы.* б) *Іші, ішкі ой-түйсігі.* **Ар жақ-бер жақ қып ұстады.** *Екіге бөлді, алыстатты.*

**АР**[4] елік. *Иттің, қасқырдың т.б. кенеттен күтпеген жерден арс ете қалған дауысын бейнелейтін сөз.*

**Ар етті**. *Ырылдады, сес көрсетті.*

**АР**[5]**: ар ма**. көне. *Амансыз ба, аман-есенсіз бе?*

**АРА**[1] [ир. اره] зат. *Ағашты кесу үшін жұқа темірден жасалған тісі бар құрал.*

**АРА**[2] зат. зоол. <лат. apidae> *Гүл шырынынан бал жиятын қанатты жәндік.*

**Ара балауызы.** биол. а) *Бал араның балауыз бездерінен бөлінетін қатты зат.* ә) *Ара балауызын ерітуден алынатын өнім.* **Ара зиянкестері**. зоол. *Арамен және оның өнімдерімен қоректеніп, ара шаруашылығына зиян келтіретін әртүрлі жануарлар тобы.* **Араның ұясындай.** а) *Шу, айқай-шу; ызың-қию.* ә) *Кіп-кішкене, тар.* **Ара талағандай қылды**. *Жан-жақтан жабылды, тиісті.*

**АРА**[3] зат. **1**. *Екі орта, аралық.* **2**. *Адамдардың өзара қатысы, қарым-қатынасы.* **3**. *Орта, іш, топ.*

**Ара ағайын**. *Туыстық қатысы екі жаққа бірдей, ортақ; бітім айтушы адам.* **Араға [екі араға] әзәзіл болды**. *Араздастырды, өшіктірді, арандатты, араға от салды.* **Араға әзәзіл [шайтан] кірді [түсті].** *Ара қатынасы бұзылды, араздасты, өшікті, суысты.* **Араға қылау [ақау] түсті.** *Араздасты, көңіліне кірбің түсті.* **Араға**

[екі араға] от жақты [тұтатты, салды]. *Өшіктірді, араздастырды.* **Араға от түсті**. *Араздасты, ренжісті.* **Араға түсті.** *Дау-дамай, ушығуды басты, тоқтатуға дәнекер болды.* **Араға ши жүгіртті.** *Біріне-бірін айдап салды, араздастырды.* **Арадағы сауықты бұзды.** *Тату-тәтті, жарасымды қарым-қатынасты құртты.* **Арадан қыл өтпес [өтпестей] тату**. *Сыйлас, тату-тәтті.* **Ара күндік жер.** *Екі ортаға қона жететін жер.* **Ара қонды**. *Орта жолға бір түнеді.* **Ара қоспақ.** түйеш ар. *Атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақ, монтақ қоспақ, бал қоспақ, кез қоспақ інгендері болып келетін, өркеш аралығы айырдан гөрі әлде де қоспаққа тән будан түйенің айырға ауа бастаған, сіңіре будандастырудың төртінші, кезек будандастырудың бесінші ұрпағы.* **Арасы алыстады.** *Ренжісті, араздасты.* **Арасы бұзылды.** *Қарым-қатынасы нашарлады, тілтабыстығына нұқсан келді.* **Арасы жер мен көктей [аспандай].** *Бөлек, ерекше, ұқсамайтын, үйлеспейтін.* **Арасына ала мысық жүгірту.** *Ши жүгірту, іліп-қағу, мазасын алу, жүйкесіне тию.* **Арасынан қыл өтпейді.** *Достығы берік, ынтымақты, өте тату.* **Арасынан қыл өтпейтін дос.** *Өмірлік, ажырамас, сыннан өткен дос.* **Арасын ант аралады.** *Бір-біріне дұшпан, жау болды.* **Арасына от салды.** *Екі адамды араздастырды, бір-біріне шағыстырды.* **Арасына тікен тастады [болды].** *Екі адамды өшіктірді, іріткі салды.* **Арасын ашты**. *Араздасты, ренжісті; біріненбірі алыстады.* **Арасында барымта жүрді.** *Екі рулы елдің, ауылдың арасында жанжал туып, соңы мал барымталауға, қарымта қайтаруға ұласты.* **Арасын кесті.** поэт. *Айырды, қоспады.* **Арасы суынды [сынды].** *Көңілі алшақтады, араздық күшейді.* **Арасы таяқ тастам**. *Бір-біріне өте жақын, көрші.* **Ара тұрды**. *Арашалады, көмектесті, қол ұшын берді.* **Ара түсті**. *Арашашы болды, қорғады.* **Ара халық**. *Екі жаққа да қосылмайтын, өз алдына бөлек адамдар.*

**АРААҒАЙЫНДЫҚ** зат. *Тараптарды келісімге келуге, қайшылықты істі бейбіт жолмен шешуге шақыратын ұшінші бір күш; тұлға.*

**АРА-АРАСЫ** зат. *Екі орта, аралық.*

**АРА-АРАСЫНДА** үст. *Кейде, кей кезде, мезгіл-мезгіл.*

**АРАБ** [ар. عرب] зат. *Араб елдеріндегі халықтардың жалпы атауы; сол халықтардың өкілі.*

**Араб әліпбиі**. лингв. *Араб әріп таңбаларының жиынтық тізбесі.* **Араб әріптері**. лингв. *Араб тіліндегі дыбыстарды белгілеу үшін алынған таңбалар.* **Араб жазуы**. лингв. *Ежелгі Вавилониядағы аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған көне жазу.* **Араб календары.** астр. *Араб күнтізбесі (әрбір 30 жылда 11 жыл 355 күннен, 19 жыл 354 күннен саналатын ай қозғалысына негізделген мұсылман елдерінің күнтізбесі).* **Араб күнтізбесі**. астр. *Ай фазаларының өзгерістеріне негізделген күнтізбе.* **Араб тілі**. лингв. *Тілдердің семит-хамит шоғырындағы семит бұтағынан таралатын тіл.* **Араб цифры**. *0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сияқты он математикалық таңба.*

**АРАБА** зат. көне. ***Арба.***

**АРАБАЛЫҚ** зат. биол. <лат. pristis pectinatus> *Скаттар отрядының тармағына жататын, дене бітісі акулаға ұқсас балық.*

**АРАБЕСКА** [франц. arabesque] зат. сәулет. *Араб әріптерімен әсемделген жазылған хұснихат немесе көгерiс және геометриялық пішіндерге негізделіп жасалған күрделі ою-өрнек.*

**АРАБИЗМ** зат. лингв. *Араб тілінен енген сөздер мен сөз тіркестері.*

**АРАБИСТ** зат. филол. *Араб тілінің маманы.*

**АРАБИСТИКА** зат. филол. *Семитологияның бір саласы, араб халықтарының материалдық және рухани мәдениетін тілмен байланыстыра зерттейтін филологиялық пәндердің кешені.*

**АРАБША** үст. **1.** *Араб тілінде (сөйлеу, айту, жазу).* **2.** *Араб халқына тән, араб сияқты.*

**АРАБШЫ** зат. *Араб жазуын қолдаушы.*

**АРАБШЫЛ** зат. ***Арабшы.***

**АРАБШЫЛА**= ет. *Араб тілінде сөйлеу.*

**АРАБШЫЛАТ**= ет. *Араб тілінде сөйлету.*

**АРАБШЫЛАТУ** *Арабшылат етістігінің қимыл атауы.*

**АРАБШЫЛАУ** *Арабшыла етістігінің қимыл атауы.*

**АРАБЫ** [ар. عربي] зат. сөйл. *Араб тұқымдас жылқы.*

**Арабы ит.** *Аңға салатын иттің ішінде қасқыр алатын бағалы түрі.*

**АР-АБЫРОЙ** зат. *Намыс, бедел.*

**АРАВАНА** зат. зоол. <лат. Osteoglossum bicirrhosum> *Тұщы суларда өсетін еті семіз, кәсіптік маңызы бар аравана тұқымдасына жататын балық.*

**АРАГОНИТ** [ағыл. aragonite] зат. мин. *Карбонаттар тобындағы минерал, химиялық формуласы: Ca $CO_3$.*

**АРАГІДІК** үст. *Оқта-текте, анда-санда, ара-тұра, ара-арасында.*

**АРАДА** үст. *Екі ортада, белгілі мерзімде.*

**АРАДАҒЫ** сын. *Екі ортадағы, аралықтағы.*

**Арадағы перде.** *Екі адамның қарым-қатынасында қиыншылық тууы, бөгет пайда болуы.*

**АРАДАЙ**[1] сын. **1**. *Ара сияқты, ара тәрізді.* **2**. *Араның жүзіндей өткір.*

**АРАДАЙ**[2] сын. *Ара сияқты, ара тәрізді.*

**Арадай талады**. *Барлығы бірдей тұс-тұстан жабылып, жеп жібере жаздады, жан-жақтан тиісті.*

**АРА-ДАРА: ара-дара болды**. *Ыдырап бөлшектенді.*

**АРАЖЕГІШ: аражегіш қаршыға**. зоол. <лат. pernis apivorus> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**АРАЖІГІТ** зат. *Аражегіш, жыртқыш құстың бір түрі.*

**АРА-ЖІК** зат. *Екі заттың, адамның арасындағы байланыс жігі.*

**Ара-жігін айырды**. *Екіге бөлді, ажыратты.*

**АРАЗ** сын. *Тату емес, өкпелі, өш.*

**Араз болды**. *Ренжісті, араздасты, өкпеледі, аралары суыды.*

**АРАЗДАС**= ет. *Өкпелесу, ренжісу, көңілі қалу.*

**АРАЗДАСТЫР**= ет. *Араға түсу, ренжістіру, арасын суыту.*

**АРАЗДАСТЫРУ** *Араздастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЗДАСУ** *Араздас етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЗДЫҚ** зат. *Өкпе, реніш, өшпенділік, алауыздық.*

**АРАЗ-ҚҰРАЗ** зат. *Өкпе, реніш, араздық, өшпендік.*

**АРАЗ-ҚҰРАЗДЫҚ** зат. *Өкпе, реніш, араздық, өшпендік, алауыздық.*

**АРАЗ-ТАТУ** сын. *Бірде араз, бірде тату.*

**АРАЙ**[1] [ир. آراي] зат. **1**. *Таң атар кездегі күннің шапағы, шұғыласы.* **2**. *Нұр, сәуле.*

**АРАЙ**[2] зат. көне. *Сабыр, ұстам, тоқтам деген мағынадағы қаратпа.*

**АРАЙЛА**= ет. **1.** *Таң сәулесінің қызарып шапақ атуы.* **2**. *Нұрлану, сәулелену.*

**АРАЙЛАН**= ет. *Нұрлану, сәулелену, қызару.*

**АРАЙЛАНДЫР**= ет. *Нұрландыру, сәулелендіру.*

**АРАЙЛАНДЫРУ** *Арайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЙЛАНУ** *Арайлан етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЙЛАС**= ет. *Үйлесу, орайласу, үндесу.*

**АРАЙЛАУ** *Арайла етістігінің қимыл атауы; нұрлану, сәулелену.*

**АРАЙЛЫ** сын. *Шұғылалы, нұрлы, сәулелі, шуақты.*

**АРАЙЛЫМ** зат. экспр. *Шырайлым, көріктім, сәулем деген мағынадағы қаратпа.*

**АРАЙНА** зат. көне. *Сабыр, ұстам, тоқтам.*

**АРАЙСЫЗ** сын. *Күн шапағынсыз, шұғыласыз.*

**АРАКІДІК** үст. сөйл. ***Арагідік.***

**АРАКІДІРІС** үст. *Кейде, ара-тұра, оқтатекте.*

**АРАҚ** [ар. عرق] зат. *Тазартылған этил спиртінің қоспасынан жасалған алкогольді ішімдік.*

**Арақ ішпей мас болды**. *Бостан-босқа желікті.*

**АРАҚАНАТ**: **арақанат қауырсындар**. биол. *Қыран құстардың қанатындағы шалғымен іргеқанат қауырсындардың арасындағы шынтақ сүйектеріне бекитін (әр қанатында төрттен) 8 ұзынша қауырсын.*

**АРАҚАТЫНАС** зат. *Өзара байланыс, қарым-қатынас.*

**АРАҚАТЫС** зат. *Өзара байланыс, қатыс.*

**АРАҚАШЫҚТЫҚ** зат. мат. *Аралық, қашықтық.*

**Арақашықтықтан басқару.** *Қашықтықтан басқару.*

**АРАҚКЕШ** сын. сөйл. ***Араққор.***

**АРАҚҚОР** сын. *Араққұмар, ішімдікке салынған.*

**АРАҚҚОРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Араққұмарлық.***

**АРАҚҚҰМАР** сын. *Ішімдікке салынған, араққор.*

**АРАҚҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Араққа құмартушылық, ішімдікке салынушылық.*

**АРАҚПАЗ** сын. *Ішімдікке салынған, араққұмар.*

**АРАҚСЫЗ** сын. *Арақ-шарапсыз, ішкіліксіз.*

**АРАҚТАЙ** сын. *Арақ тәрізді, арақ сияқты.*

**АРАҚТАТ**= ет. *Арақ ішу, ішімдікке салыну.*

**АРАҚТЫ** сын. сөйл. *Арақ араласқан, арақ құйылатын, арақ ішілетін.*

**АРАҚ-ШАРАП** [ар. عرق شراب] зат. *Жалпы ішімдік аталуы.*

**АРАЛ** зат. геогр. *Жан-жағы сумен қоршалған шағын құрлық.*

**Арал қаракөз.** зоол. <лат. abramis safa aralensis> *Тұқы тұқымдасына жататын қаракөз балықтың тұртармағы.*

**АРАЛА** зат. өс. *Таулы жерде өсетін, жемісі соп-сопақ, иісі ерекше, тамыры мен дәнін көптеген ауруларға дәрі ретінде пайдаланатын, биіктігі 20-60 см-дей дәрілік шөп (құрай)*

**АРАЛА**[1]= ет. *Қыдыру, жер көру, сейіл құру, шарлау.*

**АРАЛА**[2]= ет. *Ағашты, бұтақты т.б. заттарды арамен кесу.*

**АРАЛАҒЫШ** сын. *Аралауға құмар.*

**АРАЛАҒЫШТА**= ет. *Бірнеше рет аралап көру, қайта-қайта аралау.*

**АРАЛАҒЫШТАУ** *Аралағышта етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЛАП** үст. *Әр жерден бір; арагідік.*

**АРАЛАС** сын. *Бірдей емес, әртүрлі, ауыс-түйіс. // Өзара қатысы, арақатынасы.*

**Аралас буынды.** а) әдеб. *Әртүрлі ырғақты болып келген.* ә) лингв. *Сөз құрамында жуан және жіңішке буындар аралас келген.* **Аралас егіс**. ауылшар. *Бір танапта бір уақытта өсірілген бірнеше дақыл.* **Аралас индикаторлар.** хим. *Мәнінің азғана аралығында өзінің түсін айқын өзгертетін, екі құрауыштың қоспасынан тұратын қышқылдық-негіздік индикаторлар.* **Аралас календарь.** астр. *Аралас күнтізбе (аспан денелерінің бірінің ғана емес, бірнешесінің қозғалысы бойынша жылдар, айлар, күндердің саны мен тетелестігін реттеуде қолданылатын ережелер жүйесі).* **Аралас кәсіпорын.** экон. *Меншік нысандары алуан түрлі кәсіпорын.* **Аралас құрмалас сөйлем**. лингв. *Құрамына енген компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем түрі.* **Аралас серіктестік.** экон. *Бірнеше азаматтардың не заңды тұлғалардың бірлестігі.* **Аралас тұрпаттағы конституция.** құқық. *Парламенттік заңдар мен соттың үлгі іс-тәжірибелерімен қатар конституциялық рәсімдер мен қағидалық түсіндірулерді де қамтитын конституция.* **Аралас тіл.** лингв. *Лексикалық құрамы, морфологиялық және синтаксистік т.б. құрылымы бір негізден емес, әр тектен қалыптасқан тіл [Бұл құбылыс көбінесе өркениеттілігі негұрлым төмен елдер мен жоғары елдердің өзара қарым-қатынасының күшеюі негізінде туады. Соның нәтижесінде алғашқысы соңғысының есебінен бірқатар тілдік (көбінесе лексикалық) элементтерді қабылдайды. Мысалы: индонезия тілінің құрамында санскрит, араб, еуропалық тілдерден, вьетнам тілінде қытай тілінен, тхай және кхмер лексикасының көне қабаттарынан қабылданған сөздер мол кездеседі].* **Аралас экономика**. экон. *Экономиканың мемлекеттік, кооперативтік, меншік нысандарына негізделген шаруашылықты жүргізу жүйесі.*

**АРАЛАС**= ет. **1**. *Қосылу, бірігу.* **2**. *Араласып-құраласу, қарым-қатынаста болу.* **3**. ауыс. *Килігу, кірісу, қатысу.*

**АРАЛАСҚАНДЫҚ** зат. *Араласушылық, алыс-берістік.*

**АРАЛАС-ҚҰРАЛАС** сын. *Ауыс-түйіс, алыс-беріс.*

**АРАЛАС-ҚҰРАЛАСТЫҚ** зат. *Көршілестік, ауыс-түйістік, алыс-берістік.*

**АРАЛАС-ҚҰРМАЛАС** сын. сөйл. ***Аралас-құралас.***

**АРАЛАСҚЫШ** сын. *Үнемі араласып жүретін, елгезек.*

**АРАЛАСПА** зат. *Әртүрлі заттың қосындысы, қоспасы.*

**АРАЛАСТЫҚ** зат. *Алыс-берістік, араласушылық.*

**АРАЛАСТЫР**= ет. *Бірнеше затты қосу, біріктіру.*

**АРАЛАСТЫРҒЫЗ**= ет. *Бірнеше затты қостыру, біріктірту.*

**АРАЛАСТЫРҒЫЗУ** *Араластырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЛАСТЫРҒЫШ** зат. **1.** *Екі я үш затты қосып біріктіру үшін қолданылатын зат.* **2.** *Салқын сусындарды, жұмыртқаны араластыру, коктейль, крем, соус, қамыр, езбе дайындау үшін пайдаланылатын құрал, миксер.*

**АРАЛАСТЫРУ** *Араластыр етістігінің қимыл атауы.*

**Араластыру әдісі**. инф. *Тез іздестіру мен кестелік түрлендіру мүмкіндігін жасақтайтын кестені ұйымдастыру әдісі.*

**АРАЛАСТЫРЫЛ**= ет. *Бірнеше заттың қосылуы, біріктірілуі.*

**АРАЛАСТЫРЫЛУ** *Араластыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЛАСУ** *Аралас етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Араласып-құраласу, қарым-қатынаста болу.* **2.** ауыс. *Килігу, кірісу, қатысу.*

**АРАЛАСУШЫ** зат. *Қосылушы, қатынасушы адам.*

**АРАЛАТ**[1]= ет. **1.** *Қыдырту, шарлату.* **2.** *Көрсету, көзін жеткізу.*

**АРАЛАТ**[2]= ет. *Ағашты, бұтақты т.б. заттарды арамен кестіру.*

**АРАЛАТПА** үст. *Тұр-түрімен, аралас.*

**АРАЛАТТЫР**= ет. *Қыдырттыру, шарлаттыру, жер көрсеттіру.*

**АРАЛАТТЫРУ** *Аралаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЛАТУ** *Аралат етістігінің қимыл атауы.*

**АРАЛАУ**[1] *Аралас етістігінің қимыл атауы; қыдыру, шарлау.*

**АРАЛАУ**[2] *Арала етістігінің қимыл атауы; арамен кесу.*

**АРАЛДА**= ет. *Қамалу, бөгелу.*

**АРАЛДАЙ** сын. *Арал тәрізді, арал сияқты.*

**АРАЛИЯ** зат. өс. *Оңтүстік Жапония аралдарында өсетін, саусақ тәрізді жылтыр, ірірек келген жасыл жапырақтары болатын, тікенді бұта.*

**АРАЛСЫМАҚ** зат. *Аралға ұқсас, арал тәрізді, су ортасында қалған болмашы құрғақ жер.*

**АРАЛША** зат. *Кішкене арал.*

**АРАЛШЫҚ** зат. *Кішкене арал.*

**АРАЛЫ** зат. эвф. ***Қасқыр.***

**АРАЛЫҚ**[1] зат. **1**. *Екі ортасы, арасы, қашықтық.* **2**. *Кез, мерзім, мезгіл, уақыт.*

**Аралық дақыл.** биол. *Бірінші дақылды жинап алып, екінші дақылды еккенге дейін осы егіндік жерге егілетін дақыл.* **Аралық кезең.** экон. *Ұзақтығы толық қаржы жылынан қысқа қаржылық есеп беру кезеңі.* **Аралық ми.** анат. <грек. diencephalon, dia – аралық, enkephalon – ми> *Барлық омыртқалы жануарлар мен адам миының бір бөлігі.* **Аралық тіл.** лингв. *Дәнекер тіл; ана тілі мен объект тілдің (үйреніп жүрген екінші тіл) игерілген элементтерінен туатын тіларалық жүйе.*

**АРАЛЫҚ**[2] зат. кәс. *Қалып пен төс аралығына қағылатын сына.*

**АРАЛЫҚТАЙ** сын. *Аралық сияқты, аралық тәрізді.*

**АРАМ** [ар. حرام] сын. **1**. діни. *Шариғат бойынша, ішіп-жеуге болмайтын, тыйым салынған, адал емес.* **2**. ауыс. *Пайдасыз, қажетсіз.* **3**. ауыс. *Қара ниетті, сұм, жауыз.* **4**. ауыс. *Адал еңбекпен келмеген, жеңіл жолмен табылған.*

**Арам айла**. *Қулық-сұмдықты ойлайтын айла.* **Арам ақша.** *Еңбексіз, теріс жолмен табылған ақша.* **Арам ақыл**. *Қулық-сұмдықты үйрететін ақыл.* **Арам ас.** а) *Ішіп-жеуге жарамсыз, адал емес тамақ.* ә) *Адал еңбексіз табылған тамақ.* **Арам без**. а) *Қу, сұм мағынасында.* ә) *Керексіз, пайдасыз, жарамсыз нәрсе.* **Арам болды**. а) діни. *Ислам дінінің канондары бойынша жеуге жарамсыз болды, адал болмайды.* ә) *Текке зая кетті.* **Арам болсын**. қарғ. *Бұйырмасын, желкеңнен шықсын деген мағынада.* **Арам етті.** *Жарамсыз етті, бүлдіріп қойды, бүтіндігін жойды.* **Арам жемтік**. *Қорлық-зорлықпен жиналған мал, дүние.* **Арам көңіл.** *Жаман пиғыл, зұлым ой.* **Арам қатқыр [өлгір]**. қарғ. *Арам өлгір, бұйырмағыр, өлім келгір, қата қалғыр! (малға айтылатын кейіс сөз).* **Арам қатты [өлді].** а) *Тектентекке, бекерге өлді.* ә) *Мал бауыздаусыз, ауырып өлді.* **Арам қол.** *Қаскүнем, арамза, сұғанақ қол.* **Арам ниет**. *Теріс пиғылды, жаман пікірлі.* **Арам ниетті.** *Жаман пиғылды, жақсылық бермейтін.* **Арам ниеттік.** *Діті бұзылғандық, жаман пиғылдылық.* **Арам пиғыл**. *Теріс ниет, жаман ой.* **Арам су**. *Ішімдік, арақ.* **Арам тер болды**. *Еңбегі зая кетті, еңбегі еш болды, босқа әуреленді.* **Арам тер қысты.** *Арам тері шықпай қиналды, терлей алмады.* **Арам тері шықты.** *Бой-бой боп терледі, терге малынды.* **Арам іс**. *Әділетсіз іс-әрекет, қулық, сұмдық.*

**АРАМДА**= ет. **1**. *Былғау, ластау.* **2**. ауыс. *Қиянат жасау, қорлау, ар-намысқа кір келтіру.*

**АРАМДАЛ**= ет. *Былғану, ластану.*

**АРАМДАУ** *Арамда етістігінің қимыл атауы; былғау, ластау, кір келтіру.*

**АРАМДЫҚ** зат. *Қараниеттілік, залымдық.*

**АРАМЖЕБІР** зат. өс. *Арам шөп атауы.*

**АРАМЖОҢЫШҚА** зат. өс. *Далалы жерде, құмда өсетін, биіктігі 30-70 см-дей, сабағы түбінен бастап бұтақты, жапырақтары жалпақ, бұршақ қыны қысқа, жайылымдық, құнарлы мал азығы болатын таспаның (сеңгірлектің) бір түрі.*

**АРАМЖОҢЫШҚА** зат. өс. *Шалғынды далаларда, құмды төбелерде өсетін, биіктігі 25-70 см-дей, көпжылдық шөптесін өсімдік, қалампырдың бір түрі.*

**АРАМЖУА** зат. өс. <лат. allium sabulosum> *Лалагүлділер тұқымдасының жуа туысына жататын көпжылдық өсімдік.*

**АРАМЗА**[1] [ар.+ир. حرام زاده] зат. *Мезгілінен бұрын туған қозы, лақ.*

**Арамза бие.** *Мерзімінен бұрын құлындаған жылқының ұрғашысы.* **Арамза бота.** *Күткен мерзімінен ерте туылған бота.*

**АРАМЗА**[2] сын. *Залым, қу, алдамшы.*

**АРАМЗАДА** сын. сөйл. ***Арамза[2].***

**АРАМЗАЛЫ** сын. *Арамза туған қозы-лақты.*

**АРАМЗАЛЫҚ** зат. *Қараниеттілік, арамдық, қаскөйлік.*

**АРАМИД** [ағыл. aramid: aromatic polyamide] зат. хим. *Негізінен космонавтикада, авиа және автомобиль жасауда колданылатын, ароматтық полиамидтерге негізделген полимер.*

**АРАМИДТІ** сын. хим. *Құрамы арамидтен тұратын, арамидке қатысты.*

**Арамидті корд.** хим. *Арамид негізінде жоғары модульді беріктігі жоғары талшықтан жасалған корд.*

**АРАМКҮНБАҒЫС** зат. өс. *Егістікте өсетін қос жарнақты арамшөп.*

**АРАМҚОҒА** зат. өс. *Әлекшөп.*

**АРАМҚҰЛАҚ** *Улы саңырауқұлақтардың бір түрі.*

**АРАМОТ: арамот тұқымдасы**. өс. <лат. najadaceae> *Су астында өсетін біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АРАМСАН** зат. *Біреуге қиянат істеу арқылы тапқан ақша немесе зат.*

**АРАМСӘБІЗ** зат. өс. <лат. chidium> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**АРАМСАРЫ** зат. өс. *Сабағы тік, бұтақты, жапырақтары ірі, күшті тілімделген, шеті тегіс, гүлі сары, жемісі бұршаққын, дәні қоңыр түсті, егістікке көп зиян келтіретін біржылдық арамшөп.*

**АРАМСОЯУ** зат. өс. <лат. cuscuta> *Хлорофилсіз, тамырсыз, жіп тәрізді сабағы арқы-*

*лы бөтен өсімдіктерге сорғыш бүршігі арқылы жабыса өсетін біржылдық паразит өсімдіктер тұқымдасы.*

**АРАМСЫН=** ет. **1**. *Тағамды пайдалануға жарамсыз деп санау.* **2**. ауыс. *Арам, қара ниетті, сұм деп санау.*

**АРАМСІДІК** зат. *Некесіз бала немесе атаға, әкеге тартпай туған бала.*

**АРАМТАМАҚ** сын. *Жатыпішер, жалқау; басқаның есебінен күн көруші.*

**АРАМТАРАН** зат. ө. с. *Қарақұмық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АРАМТАРЫ** зат. өс. *Қызылқұйрықтың (гүлтәжінің) бір түрі.*

**АРАМШАҒЫЛ** зат. өс. ***Арамшағыр.***

**АРАМШАҒЫР** *Тілқиярдың бір түрі; хош иісті тілқияр.*

**АРАМШӨП** зат. *Егістік арасында өсіп, пайдалы өсімдіктердің өсуіне зиянын тигізетін жабайы өсімдік.*

**АРАМШЫРМАУЫҚ** зат. өс. ***Арамсояу.***

**АРАМШЫТЫР** зат. өс. ***Шытырмақ.***

**АРАМШЫТЫРМАҚ** зат. өс. *Далалықта өсетін жабайы шөп.*

**АРАМЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Арамдық***.

**АРАН**[1] зат. *Нәпсі, құлқын.*

**Араны ашылды.** а) *Тамақты аңсап ындыны құрыды, ашқарақтанды, қомағайланды.* ә) *Қанағат етпеді, місе тұтпады, құныкты.* **Араны жүрді.** *Дәуірледі, асқақтады.* **Аранын ашты**. а) *Аузын ашты, жұтпақ болды.* ә) *Жегісі келіп қомағайланды.* б) *Көз алартты, қол салды.*

**АРАН**[2] зат. көне. зоол. <лат. hippopatamus amphibus> *Ерте заманда өмір сүрген өте үлкен жыртқыш.*

**АРАН**[3] зат. аңш. *Аң аулауда қолданылатын үсті жабылған терең ор, шұңқыр.*

**Аранға түскен аюдай.** бейн. *Ашулы, қаһарлы, адуынды.*

**АРАН**[4] зат. **1.** *Кірпіш пен темірден жасалған қоршау.* **2.** көне. *Тосқауыл, бөгет, кедергі.*

**АРАН**[5] зат. жерг. *Жарлық, үкім.*

**АРАН**[6] зат. өс. <лат. fumaria> *Көкнәр тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы.*

**АРАНДА=** ет. **1**. *Байқаусызда ұрыну, соғылу, аяқ асты бейнет шегу.* **2**. *Ентелеу, баса-көктеу.*

**АРАНДАҒЫШ** сын. *Пәлеге ұрынғыш.*

**АРАНДАЙ** сын. **1**. *Аран тәрізді; арбиған, сояу-сояу.* **2**. *Жалаңдаған, жойқын.*

**АРАНДАЛ=** ет. *Пәлеге ұшырау, ұрыну, соғылу.*

**АРАНДАЛУ** *Арандал етістігінің қимыл атауы.*

**АРАНДАС=** ет. *Өзара соғысу, ренжісу, жұз шайысу.*

**АРАНДАТ=** ет. *Ұрындыру, соғыстыру, айдап салу.*

**АРАНДАТҚЫШ** сын. *Пәлеге ұрындырғыш, айдап салғыш.*

**АРАНДАТУ** *Арандат етістігінің қимыл атауы.*

**АРАНДАТУШЫ** зат. *Бірді-бірге айдап салушы, шағыстырушы, атыстырушы.*

**АРАНДАТУШЫЛЫҚ** зат. *Бірді-бірге қарсы қоюшылық, жанжалдастырушылық.*

**АРАНДАУ** *Аранда етістігінің қимыл атауы.*

**АРАНДЫ** сын. сөйл. *Араны бар, арандатып.*

**АРАҢҚАЙ** зат. сөйл. *Алаңқай, ашық жер.*

**АРАПАЙМА** зат. зоол. <лат. arapaima gigas> *Дене тұрқы көбіне 2 метр, кейде 4 метрге дейін жететін, денесі сүйірлеу, қабыршақтары ірілеу, еті дәмді, майшабақ отрядына жататын балық.*

**АРАПА** зат. діни. сөйл. ***Арафа***.

**АРАПШЫ** зат. сөйл. жағымсыз. *Жәдігөй, сиқыршы, әзәзіл.*

**АРАСАЛМАҚ** зат. *Көлем, мөлшер.*

**АРАСАН** санскр. зат. *Түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су.*

**АРАСАТ** үст. көне. **1**. *Аласапыран, ұйқы-тұйқы.* **2.** діни. ***Ғарасат***.

**Арасат майдан.** сөйл. ***Ғарасат майдан.***
**Арасат оты**. *Ғарасат майданында жанған от.*

**АРАСЕЛБЕУ** зат. *Жәрдем, сүйемелдеу.*

**АРАСЫНДА** үст. *Кейде, ара-арасында, әредікте.*

**АРАСЫНША: соның арасынша.** *Тез, лезде, сол бойда.*

**АРАТ**[1] зат. көне. *Жер шаруашылығымен айналысатын топ, жиын мүшесі.*

**АРАТ**[2] зат. өс. <лат. chardinia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**АРАТПА: күн аратпа**. сөйл. ***Күнара***.

**АРА-ТҰРА** үст. *Анда-санда, кейде, ара-арасында.*

**АРАТІС** зат. өс. *Жапырақтарының жиегі араның тісі секілді жабайы өсетін өсімдік.*

**АРАФА** зат. діни. *Зульхиджа айының тоғызыншы күні, құрбан айттан бір күн бұрынғы күндердің ішіндегі ең қасиетті күн.*

**АРАХНОЗ** [лат. arachnoses] зат. *Тоғышарлық тіршілік ететін улы өрмекші тәрізділер қоздыратын жануарлар кеселі.*

**АРАХНОИДИТ** зат. мед. *Ми мен жұлынның тор қабығының қабынуы салдарынан болатын созылмалы ауру.*

**АРАХНОЛОГИЯ** [грек. arachne – өрмекші, logos – ілім] зат. терм. ***Өрмекшітану***.

**АРАША**[1] зат. *Төбелесермен болған екі жақты ажырату, тыныштандыру үшін айтылатын сөз.*

**Араша берді.** *Ажыратқанға көнді, ашуын басты, тоқтады.* **Араша бермеді**. *Арашаға көнбеді.* **Арашаға барды.** *Жанжалдасқан адамдардың арасына түсті, тыныштандырды.* **Араша сұрады**. *Ашуын қоюын, райынан қайтуын өтінді.* **Араша тұрды.** а) *Ара түрды, дауды айырды, екі жақты ажыратты.* ә) *Қарсы келді, қарсы тұрды.* **Араша түсті.** а) *Ара тұрды, айырды, арашалады.* ә) *Жақтасты, көмектесті, сөзін сөйледі.*

**АРАША**[2] үст. *Араға ұқсап, ара тәрізді.*

**Араша талады**. *Ортаға алды, тұс-тұстан жабылды.*

**АРА-ШАЛА** үст. *Қол қалт етіп босағанда, іс арасында, қол бос уақытта.*

**АРАШАЛА=** ет. **1**. *Ара түсу, ажырату.* **2**. *Сөзін сөйлеу, жақтасу, көмектесу, қорғау.*

**АРАШАЛАУ** *Арашала етістігінің қимыл атауы; ара түсу, қорғау, жақтасу.*

**АРАШАЛАУШЫ** зат. *Дауласқандардың арасына түсуші, айырушы адам.*

**АРАШАСЫЗ** сын. *Арашашының тоқтау сөзінсіз, арашашы араласпай.*

**АРАШАШЫ** зат. *Арашалаушы, ара түсуші, қорғаушы.*

**Арашашы болды**. сөйл. а) *Арашалады, екі ортада жүрді, көмекке келді.* ә) *Төбелесуші жақтардың арасына түсіп, айырып жіберді.*

**АРАШЫ** зат. сөйл. ***Арашашы***.

**АРБА** [ар. عربة] зат. *Ат, өгіз, түйе т.б. жануарлар жегілетін екі, төрт дөңгелекті, екі дертелі тасымал құралы.*

**АРБА=** ет. **1**. *Жыланның торғай, тышқан т.б. жәндіктерді сиқырлы күшпен ұстап алуы, аулауы.* **2.** ауыс. *Түрлі айламен алдау, айтқанына көндіру, ырқына жүргізу.*

**АРБАҒЫШ** сын. *Арбайтын, арбай білетін.*

**АРБАДАЙ** сын. *Арба сияқты, арба тәрізді.*

**АРБАКЕШ**[1] зат. *Арбалы атты айдаушы, арба жүргізуші адам.*

**АРБАКЕШ**[2] зат. өс. *Қауынның бір сорты.*

**АРБАКЕШТІК** зат. *Арба айдауды кәсіп қылушылық.*

**АРБАҚ** сын. сөйл. *Арбиған, ебедейсіз, көзге оғаш.*

**АРБАҚТА=** ет. *Қолапайсыз қимылдау.*

**АРБАҚТАУ** *Арбақта етістігінің қимыл атауы.*

**АРБАҚ-САРБАҚ** сын. *Көзге оғаш, арбиған.*

**АРБАЛ=** ет. **1**. *Жыланның арбауына түсіп қалу, жем болу.* **2**. ауыс. *Алдану, ырқына көну.*

**АРБАЛА=** ет. *Арба-арба қылып тасу.*

**АРБАЛЕТ** [лат. arbalete] зат. *Садаққа ұқсас, өздігінен атылатын ескі қарудың бір түрі.*

**АРБАЛУ** *Арбал етістігінің қимыл атауы; алдану.*

**АРБАЛЫ** сын. *Арба жеккен, арбасы бар.*

**АРБАЛЫ-ЖАЯУЛЫ** сын. *Көлікті-көліксіз, жаяулы-жалпылы.*

**АРБА-МАРБАСЫМЕН** үст. *Жүк-мүгімен, түгелдей, тұтасымен.*

**АРБАН=** ет. ***Алдан***.

**АРБАҢ** елік. жағымсыз. *Икемсіз қимыл-қозғалысты, жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Арбаң қақты [етті].** *Икемсіз тез қимылдады, арсалаңдады, арбаңдады.*

**АРБАҢ-АРБАҢ** елік. жағымсыз. *Икемсіз арсалаңдаған қимыл-қозғалысты, жүрісті бейнелейтін сөз.*

**АРБАҢДА=** ет. жағымсыз. *Өрескел, ерсі қимылдау.*

**АРБАҢДАТ=** ет. **1**. *Өрескел, ерсі қимылдату, арбаң-арбаң еткізу.* **2**. *Баттитып, айдақсойдақ ету.*

**АРБАҢДАТУ** *Арбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АРБАҢДАУ** *Арбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**АРБАҢ-ҚҰРБАҢ** елік. сөйл. *Икемсіз, арбаңдаған, арсалаңдаған жүрісті бейнелейтін сөз.*

**АРБАП** зат. көне. тар. *Дін тарихын зерттеуші.*

**АРБАП-АЛДА=** ет. *Айтқанына көндіру, алдап-сулау.*

**АРБАП-АЛДАУ** *Арбап-алда етістігінің қимыл атауы.*

**АРБАС=** ет. *Өзара күш сынасу.*

**АРБА-САЙМАН** зат. *Арба және басқа да шаруашылық құралдары.*

**АРБАСТЫР=** ет. *Күш сынастыру, ерегестіру, соғыстыру.*

**АРБАСУ** *Арбас етістігінің қимыл атауы.*

**АРБАТ=** ет. *Алдату, ырқына көндірту.*

**АРБАУ** *Арба етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алдау, айтқанына көндіру, ырқына жүргізу.* **2.** діни. *Ауруды әртүрлі тәсілмен емдеу.*

**АРБАУ-АЛДАУ=** ет. *Азғыру, өтірік айту, алдап-сулау, айтқанына көндіру.*

**АРБАУЛЫ** сын. *Сиқырлы, көлгір.*

**АРБАУШЫ** зат. *Алдап-арбайтын адам.*

**АРБАУШЫЛЫҚ** зат. *Алдаушылық.*

**АРБАУЫШ** сын. сөйл. ***Арбағыш***.

**АРБАШЫ** зат. **1**. *Арба айдаушы, арбакеш.* **2**. *Арба жасаушы адам.*

**АРБАШЫҚ** зат. *Кішкене, шағын арба.*

**АРБИ=** ет. *Сорайып шығып тұру, состиып оғаш көріну.*

**АРБИМА** сын. *Өрескел үлкен, ебедейсіз ірі.*

**АРБИТ=** ет. *Бадырайту, соститу, сорайту.*

**АРБИТР** [лат. arbiter] зат. **1**. құқық. *Даулы мәселе жөнінде екі жақтың келісімі бойынша сайланатын төреші.* **2**. спорт. *Төреші, төрелік айтушы.*

**АРБИТРАЖ** [франц. arbitrage] зат. заң. *Келісім бойынша тағайындалған төреші, аралық сот.*

**АРБИТРАЖЕР** зат. экон. *Түрлі деңгейлерде валюта бағамдарындағы айырмадан пайда алу мақсатымен тауар, қор, валюта және ақша рыноктарында арбитраждық мәмілелер жасайтын кредит-қаржы мекемелері, ірі корпорациялар мен фирмалар.*

**АРБИТУ** *Арбит етістігінің қимыл атауы.*

**АРБУТИН** зат. хим. *Емдік қасиеті бар химиялық зат.*

**АРБЫЗ** зат. жерг. ***Қарбыз***.

**АРГЕНТИТ** [лат. argentum – күміс] зат. хим. *Күміс жылтыры – сульфидтер тобының минералы.*

**АРГЕНТОМЕТРИЯ** [лат. argentum – күміс, грек. metro – өлшеймін] зат. хим. *Аргентометрлік талдау.*

**АРГЕНТОМЕТРЛІК** сын. *Аргентометрияға қатысты, сонымен байланысты.*

**Аргентометрлік талдау.** хим. *Титрант ретінде күміс нитратының ерітіндісі қолданылатын, кейбір аниондарды анықтайтын титриметрлік талдау.*

**АРГИЛЛИТ** [грек. argillos – саз, lithos – тас] зат. геол. *Шөгінді саз тұнбаларының нығыздалып, сусызданып, цементтеліп тасқа айналуынан пайда болатын таужынысы.*

**АРГИЛЛОФИЛ** [грек. argillos – саз, phileф – сүйемін] зат. зоол. *Лай топырақта өмір сүретін су организмдері.*

**АРГИНИН** зат. хим. *Суда еритін, спиртте айтарлықтай ерімейтін, сілтілік жануар мен өсімдік белогінің құрамына кіретін қасиеті бар амин қышқылы.*

**АРГИРОДИТ** зат. хим. *Біріккен қос сульфидті минерал, құрамы 4Ag2ShGeS2.*

**АРГО** [франц. argot] зат. лингв. *Белгілі бір әлеуметтік және кәсіби шағын топқа ғана түсінікті, жалпы халыққа түсініксіз тіл.*

**АРГОН** [грек. argos] зат. хим. *Түссіз, иіссіз инертті газ.*

**АРГОНАВТАР** [лат. argonauta] зат. биол. *Бесаяқты былқылдақ денелілер тобының сегізаяқтылар отрядының туысы.*

**АРГОТИЗМ** [франц. argot] зат. лингв. *Әдеби тілге арготан енген сөздер.*

**АРГУМЕНТ** [лат. argumentum] зат. филос. **1**. *Ой не теорияның ақиқаттығына келтірілетін дәлел.* **2**. мат. *Мәндеріне екінші айнымалы шаманың – функцияның мәндері тәуелді болатын тәуелсіз айнымалы шама.*

**АРГУЛЕЗ** зат. биол. <лат. argulus foliaceus> *Тоғанда өсірілетін балықтардың қауіпті ауруы.*

**АРҒАЛЫ** зат. *Қойдың тегі, нәсілі.*

**АРҒАМЖЫ** зат. этн. *Ұзындығы тоғыз, он екі құлаш, жуандығы саусақтай қос таспадан есілген қайыс арқан.*

**АРҒАНАҚ** зат. өс. *Дәрілік шөп.*

**АРҒЫ** сын. **1**. *Ар жағы, қарама-қарсы беті.* **2**. *Сырт, шеткі жер.* **3**. *Ертедегі, бұрынғы, өткен.* **4**. *Кейінгі, соңғы, артқы, түпкі.* **5**. ауыс. *Зор, қиын.*

**Арғы ата.** *Үлкен ата, баба.* **Арғы ата-баба**. *Бұрынғы ата тек.* **Арғы дүниенің дәм-тұзын тату.** *Қайтыс болу, мерт болу.* **Арғы жақ.** *Қарсы бет.* **Арғы заты [асылы, тегі, түбі].** *Түбі, негізі.* **Арғы күні**. *Араға бір күн салып, бір күн өткен соң, ертеңнен кейін, келесі күн.*

**АРҒЫ-БЕРГІ** сын. *Бұрынғы-соңғы, барлық, бүкіл. // Өткен-кеткен оқиға, өткен дәурен, тарих.*

**Арғы-бергі жағы**. *О жақ, бұ жағы; кезі, шамасы, мөлшері.*

**АРҒЫҚАЗАҚ** сын. *Байырғы қазақтық, ертедегі қазақ халқына тән.*

**АРҒЫМАҚ** зат. **1**. *Сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы.* **2**. ауыс. *Келісті, сұлу адам.*

**Арғымақ ат**. *Асыл тұқымды, сымбатты жылқы.*

**АРҒЫМАҚТАЙ** сын. **1**. *Арғымақ сияқты, арғымақ тәрізді.* **2**. ауыс. *Жүйрік, елден озған.*

**АРДА**[1] сын. **1**. *Қысыр емген, бұла (төл).* **2**. *Бұла, ерке (адам).* **3**. ауыс. *Тағы, асау.* **4**. *Анасынан айырылған (бала).* **5**. *Асып-тасқан, тежеуге келмейтін (қуат).* **6**. жерг. *Түк білмейтін надан (адам).*

**АРДА**[2] зат. жерг. *Ерте туған төл.*

**Арда бала**. *Әкесінің үйінен екі қабат болып келген келіншектен туған бала немесе неке қиылғаннан кейін аз уақыттың ішінде туған бала.* **Арда емді.** а) *Қысыр қалған биені тай екі жасқа дейін емді.* ә) *Анасын баласы бес-алты жасқа дейін емді.* б) поэт. *Бір өзі еркін, оңаша, иемденді.* **Арда өсті**. *Емін-еркін, бұла болып ер жетті.*

**АРДАГЕР** зат. **1**. *Дара туған тұлға, қаһарман.* **2**. *Ел-жұртқа аса қадірлі, құрметті, сыйлы адам.* **3**. *Мықты, атпал, күшті ер-азамат.* **4**. қоғ.-әлеум. <лат. veteranus> *Ұзақ жыл істеп, белгілі бір кәсіпке, іске машықтанған адам, сол істің шебері.* **5**. *Майданда болған жауынгер, соғысқа қатысқан құрметті адам.*

**АРДАҒЫМ** зат. экспр. *Сыйлы қымбатты, аяулы адамға айтылатын атауыш.*

**АРДАҚ** зат. **1**. *Ел-жұртына қастерлі, қадірменді, дара туған тұлға.* **2**. *Аяулысы, асыл тұтқан азаматы.* **3**. *Қастерлі, қымбат, асыл нәрсе (жер, мекен).* **4**. *Елдің аяулысы, еркесі.*

**Ардақ тұтты**. *Қадірледі, құрметтеді.*

**АРДАҚТА=** ет. **1**. *Құрметтеу, сыйлау, қадір тұту.* **2**. *Табиғат байлығын, рухани және мәдени құндылықтарды қастерлеу, бағалау.* **3**. этн. *Салт-дәстүрге сәйкес рәсімдеу, барлық рәсімін жасап құрмет көрсету.* **4**. *Мадақтау, паш ету.* **5**. *Еркелету, аялау.*

**Ардақтаған қауым.** бейн. *Өскен, үйренген, қошеметтеген орта.*

**АРДАҚТАЛ=** ет. *Құрметтелу, бағалану, қастерлену.*

**АРДАҚТАЛУ** *Ардақта етістігінің қимыл атауы.*

**АРДАҚТАС=** ет. *Бір-бірін құрметтеу, бағалау; сыйласу.*

**АРДАҚТАТ=** ет. *Құрметтету, қадірлету, жоғары бағаға лайық екенін мойындату.*

**АРДАҚТАТУ** *Ардақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АРДАҚТАУ** *Ардақта етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Құрметтеу, қадір тұту.* **2**. *Рухани құндылықтарды бағалау, қастерлеу.* **3**. *Сыйлау, аялау.*

**АРДАҚТАУЛЫ** сын. *Мадақтаулы, құрметтеулі.*

**АРДАҚТАУШЫ** зат. *Құрметтеуші, қадір тұтушы.*

**АРДАҚТЫ** сын. **1**. *Қымбатты, аяулы (адам).* **2**. *Ерекше қастерлі, киелі (ел, жер т.б.).* **3**. *Биік, жоғары, асыл, асқақ.* **4**. *Ел-жұртқа құрметті, сыйлы (тұлға).* **5**. *Артық, қымбат, бағалы. // Сүйікті адамы, жары. // Қимасы, бағалысы. // Сыйлы, қадірлі, құрметті азамат.*

**Ардақты ана**. *Көп балалы аналар марапатталатын үш дәрежелі орден.*

**АРДАҚТЫЛЫҚ** зат. *Қастерлілік, қадірлілік.*

**АРДАҚТЫМ** зат. экспр. *Қымбатты, аяулы, жақын адамына айтылатын атауыш.*

**АРДАЛАН=** ет. *Емін-еркін, бетімен кету.*

**АРДАНСЫ=** ет. экспр. *Еркінсу, дандайсу, астамсу.*

**АРДАҢДА=** ет. *Алшаң басу, кердеңдеу.*

**АРДАҢДАУ** *Ардаңда етістігінің қимыл атауы.*

**АРДЫҢ-КҮРДІҢ** сын. сөйл. *Аңқаулықпен, көп ойланбай ойындағысын айта салатын, аңғырт.*

**АРЕАЛ** [лат. area] зат. терм. *Өсімдіктер мен жануарлар түрінің, туысының, тұқымдасының құрлықта не суда таралған аймағы.*

**АРЕАЛДЫ** сын. *Ареалмен байланысты, таралымды.*

**Ареалды лингвистика.** лингв. *Тілдік құбылыстарды лингвистикалық география әдістерімен зертейтін тіл білімінің бір саласы.*

**АРЕКОЛИН** [лат. arecolinum] зат. хим. *Пальма жаңғағынан алынатын, сондай-ақ химиялық жолмен түзілетін алколоид.*

**АРЕНА** [лат. arena] зат. **1**. *Циркттің ортасындағы ойын-сауық көрсететін алаң.* **2**. *Көпшілік көрерменге арналған әртүрлі спорттық жарыс тар өтетін алаң.* **3**. ауыс. *Түрлі қоғамдық, әлеуметтік, саяси шаралар мен топтардың әсер ету ауқымы, аймағы, кеңістігі.*

**Аренаға шықты.** кіт. *Танымал бола бастады, өзінің әсер ету ортасы мен кеңістігі пайда болды.*

**АРЕНДА** [поляк. arenda] зат. экон. ***Жалдау***.

**АРЕНДАЛА=** ет. ***Жалға алу***.

**АРЕНДАЛАУ** *Арендала етістігінің қимыл атауы.*

**АРЕНДАЛЫҚ** сын. ***Жалгерлік***.

**АРЕНДАТОР** зат. экон. *Жалға берілген жер, ғимарат, қойма т.б. пайдаланушы жеке не заңды тұлға.*

**АРЕНОВИРУС** [лат. arenaviridae] зат. биол. *Көлемі 80 нанометр, пішіні сфера тәрізді, геномы төрт бөліктен тұратын бір жіпшелі, сызықшалы «теріс жіпті» күрделі рибонуклейн қышқылы.*

**АРЕОМЕТР** [грек. araiys – әлсіз немесе сұйық, metron – өлшем] зат. физ. *Сұйық заттың сыбағалы салмағын өлшейтін аспап.*

**АРЕОПАК** [грек. Areos pagos – Арестің төбесі] зат. тар. *Ежелгі Афинадағы кеңес өкімет органы.*

**АРЕСТ** [нем. Arrest] зат. сөйл. ***Қамау***.

**АРЕСТАНТ** зат. заң. сөйл. ***Тұтқын***.

**АРЖА**[1] зат. жерг. *Жұқа тақтай, фанера.*

**АРЖА**[2] зат. кәс. *Зергерлердің ұсақ құралдар салатын қобдиы.*

**АРЖАЙЫ** сын. жерг. *Ашық-жарқын, жайдары.*

**АРЖИ=** ет. сөйл. ***Арби***.

**АРЗА**[1] зат. көне. ***Арыз***.

**АРЗА**[2] зат. *Қалмақтардың қымыздан дайындалатын, ыстық күйінде ішілетін арағы.*

**АРЗАН** [ир. ارزان] сын. **1**. *Бағасы төмен, қымбат емес.* **2**. экон. *Жұмсалатын шығыны аз, өзіндік құны төмен.* **3**. ауыс. *Құнсыз, қадірсіз.* **4**. *Құр, жай әншейін, бос.* **5**. *Мазмұнсыз,*

*мағынасыз, мәні төмен.* **6**. *Оп-оңай, еш қиындықсыз, жеңіл.* **7**. *Жеңіл жолмен, еңбексіз келген.* **8**. *Шынайы емес, жалған. // Мән-мағынасы мен құны, бағасы төмен зат, нәрсе.*

**Арзанға түсті [түрды].** а) *Тиімді, төмен бағамен сатып алды.* ә) *Оңай, құны төмен болды.* б) экон. *Шығыны аз, өзіндік құны төмен болды.* **Арзан жүру.** *Қымбат емес, арзанқол жұмыс істеу.* **Арзанның пұлы татымайды**. *Бағасы арзан заттың сапасы да болмайды.* **Арзанның сорпасы татымайды**. сөйл. ***Арзанның пұлы татымайды***. **Арзан сөз**. *Орынсыз айтылған бос, дәмсіз сөз.* **Арзан сөйледі.** *Мәні төмен, мағынасыз, бос сөз айтты, бұрыс сөйледі.*

**АРЗАНДА**= ет. **1**. *Бағасы, құны төмендеу.* **2**. ауыс. *Қадірінен айырылу, беделін жоғалту, құнсыздану.* **3**. *Бұлдамау, бөлсінбеу.*

**АРЗАНДАТ**= ет. **1**. *Бағасын азайту, құнын төмендету.* **2**. ауыс. *Қадірінен айыру, беделін түсіру, мәнін төмендету.*

**АРЗАНДАТҚЫЗ**= ет. *Бағасын кеміттіру, құнын төмендеткізу.*

**АРЗАНДАТҚЫЗУ** *Арзандатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АРЗАНДАТУ**[1] зат. экон. *Активті баланстық құнынан төмен бағалау.*

**АРЗАНДАТУ**[2] *Арзандат етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бағасын төмендету.* **2**. *Қадірін кетіру, мәнін түсіру.*

**АРЗАНДАТЫЛ**= ет. *Бағаның кемітілуі, құнының төмендетілуі.*

**АРЗАНДАТЫЛУ** *Арзандатыл етістігінің қимыл атауы.*

**АРЗАНДАУ**[1] сын. *Бағасы төмендеу, аса қымбат емес.*

**АРЗАНДАУ**[2] *Арзанда етістігінің қимыл атауы; бағаның төмендеуі.*

**АРЗАНДЫҚ** зат. **1**. ***Арзаншылық***. **2**. экон. *Өзіндік құнның төменділігі, тиімділік.* **3**. ауыс. *Кісілігі төмендік.*

**АРЗАНДЫ-ҚЫМБАТТЫ** сын. *Зат бағасының құнды-құнсыздығы.*

**АРЗАНДЫЛЫҚ** зат. *Құны, бағасының төмендігі.*

**АРЗАНҚОЛ** сын. ауыс. **1**. *Төмен бағалы, қымбат емес, жұпыны; қарапайым.* **2**. ауыс. *Сапасыз, мәнсіз, нашар, деңгейі төмен.*

**АРЗАН-ҚЫМБАТ** сын. **1**. *Құнды-құнсыз, бағалы-бағасыз, әркелкі.* **2**. ауыс. *Мәнді-мәнсіз.*

**АРЗАНШЫЛЫҚ** зат. *Сатып алу бағасының төмендігі.*

**АРЗУ**[1] [ир. ارزو] зат. көне. *Арман-тілек, ниет, өтініш.*

**АРЗУ**[2] сын. көне. *Ғашық, құмар, ынтық.*

**Арзу болды.** а) *Ынтық болды, ғашық болды.* ә) *Құмарланды, құштар болды.*

**АРЗЫ**= [ар. ارزو] ет. *Тату, жарау, еңбегіне тұру.*

**Арзымайтын нәрсе**. *Түкке тұрғысыз зат, бос, мәнсіз, маңызсыз жайт.*

**АРИДТІК** сын. геогр. *Құрғақ шөлді, жартылай шөлді аудандарға тән.*

**АРИЕТТА** [итал. arietta] зат. муз. *Арияға қарағанда едәуір шағын көлемді вокалды пьеса.*

**АРИЙЛЕР** зат. тар. *Үнді-иран тілінде сөйлеген ежелгі тайпалар мен халықтар.*

**АР-ИМАН** зат. *Ар-ұят, намыс пен ізгілік, адамгершілік.*

**Ар-иманын аяққа басты [саудаға салды, сатты]**. *Намысын қорлады, ұяттан безді, адамгершілікті таптады.*

**АР-ИНАБАТ** зат. *Сыпайыгершілік, тәрбиелілік, ұждан.*

**АРИМПАСТАР** зат. тар. *Қазақстан, Алтай жерін мекендеген көне сақ тайпасы.*

**АРИОЗО** [итал. arioso] зат. муз. *Кіші көлемді, белгілі бір құрылымы жоқтығымен ерекшеленетін шағын ария.*

**АРИОММА** [лат. Ariommidae] зат. зоол. *Американың, Африканың Атлант мұхиты жағалауында, Үнді, Тынық мұхиттарының Азия жағалауында таралған кәсіптік маңызы жоқ строматей тәрізділердің бір тұқымдасы.*

**АРИСТОКРАТ** [грек. aristokrat] зат. тар. ***Ақсүйек***.

**АРИТМИЯ** [көне грек. arritmia] зат. мед. *Жүректің дұрыс соғу ырғағының бұзылуымен ерекшеленетін күйі.*

**АРИФ** зат. діни. **1**. *Білетін, таныған, кемеңгер ғалым, ілім және ирфан иесі.* **2**. *Алла тағаланың разылығына қауышқан, Одан басқаның сүйіспеншілігін көңілінен шығарған, тасауұфта жетілген, кемелдікке жеткен әулие кісі.* **3**. *Маманы болған ғылымды қиналмастан жүзеге асыратын, қолдана алатын адам.*

**АРИФМЕТИКА** [грек. arithmetika] зат. мат. *Сандар және оның амалдары туралы ғылым.*

**АРИФМЕТИКАЛАНДЫРУ** ет. мат. *Арифметикаға салу.*

**АРИФМЕТИКАЛЫҚ** сын. мат. *Арифметикаға сай, қатысты, тән.*

**Арифметикалық блок**. инф. <лат. arithmeticblock> *Арифметиканы жүзеге асыратын блок.* **Арифметикалық жабдық**. мат. *Арифметикалық амал-әрекеттерді орындайтын есептеуіш машинаның құрамдас бөлігі.* **Арифметикалық символ**. мат. *Санның орнына таңбаланған әріп.*

**АРИФМОМЕТР** [грек. arithmos – сан, metron – өлшем] зат. инф. *Арифметика амалдарын есептеп шығаратын мәшине.*

**АРИЯ** [итал. aria] зат. муз. *Оркестрге қосылып, операда жеке дауыста орындауға арналған ән.*

**АРКА** [итал. arco] зат. сәулет. *Қабырға мен тірек аралықтарын ұштастыратын иін, доға.*

**АРКАДА** зат. сәулет. *Бағаналар мен колонналарға сүйенетін доға тәріздес тең аумақты аркалар тізбегі.*

**АРКАЛЫ** сын. тех. *Аркасы бар, иін, доға тәрізді.*

**Аркалы бөгет**. тех. *Берік негізді немесе жартасты өзен жағаларына күмбез түріндегі бетоннан тұрғызылған бөгет түрі.* **Аркалы шеген**. кен. *Шахтаға арналып болаттан немесе құрастырмалы темірбетоннан жасалған қазбаның төбесі мен бүйірлеріндегі таужыныстардың берік тұруын қамтамасыз ететін құрылыс, шеген түрі.*

**АРКАТУРА** [нем. Arkatur] зат. сәул. *Ғимарат қабырғаларының фасады мен интерьеріне сән үшін жанап жасалған жалған аркалар.*

**АРКОЗ** [франц. arcose] зат. геол. *Гранит, гнейс және соларға ұқсас магма тектес қышқылды жыныстардың бұзылуынан түзілетін шөгінді таужыныс.*

**Аркоз құмтасы**. геол. ***Аркоз***.

**АРКТИКА** [грек. arktikos] зат. геогр. *Жер шарының солтүстік поляр аймағы.*

**АРКТИКАЛЫҚ** сын. геогр. *Арктикаға тән, арктикаға қатысты.*

**АРҚА**[1] зат. **1**. *Адамның ту сырты, жотасы.* **2**. анат. <лат. dorsum> *Мойыннан сегізкөзге дейінгі адамның дене тұрқының сыртқы жағы.* **3**. *Жан-жануарлардың дене тұрқының жоғарғы сыртқы бөлігі, жоны.* **4**. ауыс. *Арт жақ, ту сырт.* **5**. ауыс. *Өтіп кеткен уақыт, кез, шақ.* **6**. геогр. *Солтүстік пен солтүстік-батыстан континенттік арктикалық суық ауа массаларының әсерінде болатын қысы қоңыржай, жазы жылы ауа райымен байланысты ерекше табиғаты бар Қазақстанның орталық бөлігі.* **7**. *Таудың жотасы.* **8**. көне. *Солтүстік, терістік жақ.* **9**. ауыс. *Кейбір дарынды адамдардың бойындағы лап етпе қызбалық, ұшқырлық т.б. тәрізді ерекше елргіш қасиет.*

**Арқа берді**. *Жаудан қорқып қашты, жеңілді.* **Арқаға аяздай батты**. *Жанын ауыртты, қатты күйзелтті.* **Арқаға қақты**. а) *Қошеметтеу, қолпаштау, құрмет көрсету, мақтау мәнін білдіретін қимыл-ишарат.* ә) *Жақын тарту, өзімсіну, жұбату т.б. мәнін білдіретін қимыл-ишарат.* б) *Қолдау, өзімсіну, риза болу мәнін білдіретін қимыл-ишарат.* **Арқадан бүрді**. *Суық қысты, тоңдырды.* **Арқадан жүк түсті.** *Міндеттен құтылды, босады, ойға салған ісін орындап шықты, жеңілдеді.* **Арқа еті арша, борбай еті борша болды**. *Әбден азып-тозды, тұрмыстың қиындығын көрді, жүдеп-жадады.* **Арқа жазды.** *Қолы босап, аяқ-қолы кеңіді, еркін тыныстады, еңсесін көтерді.* **Арқа жүзбеқанат**. биол. *Балықтардың жүзу кезінде қимылдауына, қозғалуы, денесінің орнықты болуы қызметін атқаратын арқасындағы қанаттар.* **Арқа күзеу.** *Арқа сүйер, сенімді тірек.* **Арқаны [арқа кеңіді] кеңге салды**. а) *Жайбарақаттыққа салынды, қолы босады, асықпады.* ә) *Тыныш тапты, көңілі орнына түсті, бейқам болды.* **Арқаны пірге сүйеді**. *Пірін қуат тұтты, одан жәрдем, қолдау сұрады.* **Арқа сүйеді**. а) *Иек артты, арқаланды, сенді.* ә) *Табан тіреді, негіз болды.* **Арқа сүйер**. *Тірек, таяныш, сүйеніш.* **Арқа сүйеу айтты**. *Демеу болатын, қолдау көрсету мәніндегі сөз айтты.* **Арқасы алынды**. а) *Жотасы қажалды, жауыр болды.* ә) *Иығын ат тістеп алып тастады, жара қылды.* **Арқасы [арқасының қозбасы] бар**. *Бойына лап етпе қызбалық, ұшқырлық сияқты ерекше елргіш қасиет тән.* **Арқасы босады**. а) *Бейнеттен, азаптан құтылды.* ә) *Қолы босап, көңілі жай тапты.* б) *Қолы тиді, уақыты болды.* **Арқасы дулады [дулап кетті].** *Қатты қызып, көтеріліп кетті, бойын қуатты күш билеп кетті, шабыттанды, елірді.* **Арқасы жап-жалпақ.** *Арқалы, қоңды, жетілген.* **Арқасы жауыр болды**. *Әбден шаршады, титықтады, мезі болды.* **Арқасы кетті**. вет. *Ердің қажауынан аттың арқасы жараланып, жауыр болды.* **Арқасы қозды**. а) *Шабыты оянды, лап еткен қызбалығы, ұшқырлығы ұстады.* ә) *Желікті, делебесі қозды.* **Арқасы құрысты [құрыстады]**. *Ызасы келді, қаһарланды.* **Арқасы қызды [қышыды].** *Шабыты ұстады, таяқ жегісі келді.* **Арқасы мұздап қоя [сала] берді**. *Сескенді, бойы шымырлап, түршігіп кетті.* **Арқасына бұрымын лақтырды.** *Шашы ұзын, бұрымы тоқпақтай қыздың алдына түскен бұрымын артына тастаған жарасымды қимылы.* **Арқасына жүк артты**. *Міндеттеді, іс жүктеді.* **Арқасынан құмырсқа жүріп өткендей болды.** *Тұла бойы шымырлады, тітіркенді.* **Арқасынан таяқ үзген жоқ.** *Үнемі сабады, ұрды.* **Арқасынан таспа тілді**. *Сабады, ұрып-соқты.* **Арқасын жауыр қылды.** *Ығыры шықты, көк иық болды; азап шекті, азып тозды.* **Арқасын [аяздай] қарыды**. *Жанына батты, күйдірді, қиналтты.* **Арқасын сылыды**. *Қатты сабады, терісін тілді.* **Арқасын тосты [төседі]**. *Қиындықты көтеруге дайын болды.* **Арқасының ұстамасы бар.** *Бақсылығы бар, қасиет қонған, аруақты.* **Арқасы пышақтай.** *Тыриған арық.* **Арқасы сүйеу болды**. *Біреуге тірек болды, жәрдем жасады, қолдау көрсетті.* **Арқасының жосылуы.** *Арқасына қамшы тиілу, өспелуі.* **Арқасы ұстады**. *Қызбалығы, ұшқырлығы қозып, шабыттанды.* **Арқа таңды [таңу қылды]**. *Тіреу, сүйеу санады, қолдаушысы деп таныды, арқаланды.* **Арқа таяныш**. *Сүйеніш,*

*қорғаныш, демеуші тірек.* **Арқа түтты [қылды, тіреді]**. *Арқаланды, сүйенді, сүйеніш, тірек қылды.* **Арқа тіресті**. *Қатарласты, жуықтай келіп, аралас-құралас отырды.*

**АРҚА**$^{2}$ шыл. *Арқылы, көмегімен.*

**АРҚА-БАСЫ** зат. *Үсті-басы, денесі.*

**Арқа-басы босады [кеңіді]**. а) *Азаптан, бейнеттен құтылды, еркіндік алды.* ә) *Қолы босады, көңілі жай тапты.* **Арқа-басы бүтін.** *Бәрі, негізі орнында, толық сайлы.*

**АРҚА-ЕТЕК: арқа-етегі кеңіді**. а) *Еркін сезінді, азаптан құтылды.* ә) *Қолы босады, тынышталды.*

**АРҚА-ЖАРҚА** сын. *Мәз-мейрам, жайдары.*

**Арқа-жарқа болды**. *Мәз-мейрам болды, қуанды.*

**АРҚАЙЫН** сын. жерг. *Емін-еркін, көсілген, жайбарақат.*

**АРҚАЛ**$^{1}$ зат. зоол. <лат. ovisvignei arcal Eversmann> *Азияның далалы жерін мекендейтін үлкен, иір мүйізді жабайы қойдың бір түрі.*

**АРҚАЛ**$^{2}$ зат. өс. <лат. cnicus> *Кникус туысына жататын өсімдік.*

**АРҚАЛА**= ет. **1**. *Бір затты арқаға салып көтеру.* **2**. *Баланы арқаға мінгізіп, көтеру.* **3**. *Жүгін өзімен бірге алып жүру, артынып-тартыну.* **4**. ауыс. *Пайдалану, сену, арқа тұту.*

**Арқалап алды**. *Арқасына мінгізді.*

**АРҚАЛАЙ** үст. *Арқасына салып, арқасына салу арқылы.*

**АРҚАЛАН**= ет. **1**. *Көтеру, алып жүру.* **2**. ауыс. *Сенім арту, сүйеніш ету, сену, пайдалану.* **3**. *Шабыттану, ерекше, лап еткен қызбалық, еліргіш күштің туындауы.*

**АРҚАЛАНДЫР**= ет. **1**. *Жүк арту.* **2**. ауыс. *Ерекше, лап еткен қызбалық, еліргіш күш тудыру.*

**АРҚАЛАС**= ет. **1**. *Көтерісу, алып жүрісу, көмектесу.* **2**. ауыс. *Тауқыметті, ауыртпашылықты, қиындықты бөлісу, бір-біріне сүйеніш болу.*

**АРҚАЛАСУ** *Арқалас етістігінің қимыл атауы.*

**АРҚАЛАТ** = ет. **1**. *Көтерту, алып жүргізу, арқасына салдыру.* **2**. *Арқасына мінгіздіру.* **3**. ауыс. *Мойнына арту, міндеттендіру.* **4**. *Басынан өткерту, қиындығын көтерту.*

**АРҚАЛАТУ** *Арқалат етістігінің қимыл атауы; мойнына арту.*

**АРҚАЛАУ** *Арқала етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Арқасына мінгізу.* **2**. ауыс. *Міндет атқару, орындау.*

**АРҚАЛЫ** сын. **1**. *Арқа тірегіші бар.* **2**. *Арқа тұсы, жоны ерекше дамыған, көзге түсетін (жан-жануар).* **3**. ауыс. *Белді, көрнекті, белгілі.* **4**. ауыс. *Сыйлы, ерекше құрмет белгісі ретінде.* **5**. *Кейбір дарынды адамдарға тән ерекше еліргіш, қызбалығы бар; қозбалы.*

**Арқалы жігіт**. *Айрықша қасиетті, күш-жігері мол, адуын мінезді, өр жігіт.*

**АРҚАЛЫҚ** зат. **1.** құр. *Үйдің төбесіне көлденең салынатын білеу, бел ағаш.* **2**. *Орындықтың және т.б. заттардың арқа тірейтін жері, сүйеніші.* **3**. қолөнер. *Бесіктің екі басын көтеріп тұратын білеу, қондырғы.* **4**. геогр. *Таудың сырт жағы.* **5**. тех. *Қандай да бір құрылымдардың, құралдың құрылымдық бөліктерінің тіреуіші.* **6**. кәс. *Аудың үстіңгі арқаны.* **7**. кен. *Шеген жүйесін орнықтыландыру үшін қазба бойына орналастырылатын шегеннің жақтаулы элементі.* **8.** *Ұзындығы бір метрдей болатын, диаметрі үш сантиметр шамасындағы өрмек тоқуда қолданылатын таяқ.*

**АРҚАЛЫҚСЫЗ** сын. *Арқалығы жоқ.*

**АРҚАЛЫҚТАЙ** сын. *Сүйенішіндей, таянышы, арқа тұтатындай.*

**АРҚА-МОЙЫН** зат. *Адамның, малдың жон арқасынан тартып, мойнына дейінгі тұтасып жатқан дене бөлшегі.*

**АРҚАМШЫ** зат. сөйл. ***Арғамжы***.

**АРҚАН** зат. **1**. *Мал, аң байлау, жүкті буып-түю, киіз үйдің қаңқасын таңып-бекіту үшін жүннен, қылдан т.б. жасалған жуан, ұзын жіп түріндегі шаруашылық құралы.* **2.** малшар. *Көбінесе қылдан, жүннен жасалатын, мал байлауға арналған ұзын, жуан жіп, байлап-матау құралы.* **3**. *Киіз үйді таңып-бекітуге арналған бау-шуы.* **4**. *Жүкті буып-түюге арналған таңып-бекіту құралы, ұзын, жуан жіп.* **5**. тех. *Темір, болат т.б. металл сымдардан есілген жуан, ұзын жіп.* **6**. тоқыма. *Жіп иіру өндірілетін де және мата тоқу фабрикасында өндірілетін мақта мен зығырдан жасалатын жуандығы 10-60 мм бұйым.*

**Арқан аттау**. этн. ойын. *Ойыншылардың біреуі қойшы, өзгесі керілген арқаннан қорыққан қасқыр болып ойнайтын қазақ халқының ұлттық ойыны.* **Арқан бойы**. этн. *Бір шумақ арқанның ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Арқанда арыды**. *Байлауда тұрып жүдеді (мал туралы).* **Арқанда жүрген**. *Арқандаулы, байлаулы, өріске жіберілмеген (мал).* **Арқан есу [бұрау]**. этн. а) *Қыл мен қылшық араласқан түтілген жүннен бұрау, есу арқылы қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын жуан, ұзын жіп жасау әдісі.* ә) экспр. *Өтірікті шұбыртып айту.* **Арқан керді**. *Тосқауыл қойды, бөгет жасады.* **Арқан керу**. а) этн. *Қыз алуға келген құдаларға жасалатын кәде.* ә) *Жолын бөгеу.* **Арқан қиды**. а) *Буылған жүкті шешті.* ә) *Артқан жүгі шашылып, жолда қалды.* **Арқан тақты [байлады]**. *Жібермей, босатпай еркінен айырды.* **Арқан тастау**. *Тұзақтап, бұғалық салу үшін бір ұшы ілмектеліп, шалмаланып бекітілген ұзын, жуан жіпті лақтыру.* **Арқан түсті.** *Басы байланды, аяғы тұсалды, кісен салынды, бостандығынан айырылды.* **Арқан ширатты**. *Есілген арқанды тарқатты.*

**АРҚАНБАЛЫҚ** зат. зоол. сөйл. ***Албырт***.

**АРҚАНДА**= ет. **1**. *Малды арқанмен байлау.* **2.** ауыс. *Еркін шектеу, ырқына жібермей бөгет болу.*

**Арқандап бақты**. *Малды өріске жібермей, желіге байлап отқа қойды.*

**АРҚАНДАЙ** сын. *Арқан сияқты, арқан тәрізді.*

**Арқандай шұбатылды.** а) *Ұзыннан-ұзақ созылды.* ә) *Мезі қылды, бітіп болмады (сөз).* б) *Бірбірінен үзілмей, соңы көрінбеді.* в) *Аяғы жоқ, басы жоқ ұзік-создық болды.* **Арқандай шұбатып.** *Үздік-создық қылып, ұзыннан-ұзын қойып.*

**АРҚАНДАЛ**= ет. **1.** *Арқанмен байлану.* **2.** ауыс. *Кете алмау, ұсталу, шыға алмау.*

**Арқандалған аттай [атша]**. *Бір жерден айналсоқтап шықпай, еркі шектеулі күйде.*

**АРҚАНДАЛУ** *Арқандал етістігінің қимыл атауы.*

**АРҚАНДАУ** *Арқанда етістігінің қимыл атауы; байлау.*

**АРҚАНДАУЛЫ** сын. *Байлаулы, матаулы.*

**Арқандаулы аттай**. бейн. *Бас еркі шектеулі; бір нәрсеге тәуелді, еркінен айырылған.*

**АРҚАНДЫ** сын. сөйл. *Арқаны бар, арқандалған.*

**Арқанды ара**. тех. *Диаметрі 3-6 мм болат арқан түрінде кескіш құралы бар тас кесетін құрылғы.*

**АРҚАН-ЖІП** зат. *Арқандар мен жіптер.*

**АРҚАН-ЖІПСІЗ** сын. *Еріксіз, бостан босқа, себепсіз.*

**АРҚАНСАУЫТ** зат. аңш. көне. ***Жолбарыс көбе*** *(айналдыра оралған қыл арқаннан жасалған жолбарыс аулаушы аңшының арнайы киімі).*

**АРҚАНТАРТПАҚ**$^{1}$ зат. этн. ойын. *Екі топқа бөлініп, арқанды екі ұшынан тартып ортадағы сызықтан асыруға күш сынасатын қазақтың ұлттық ойын түрі.*

**АРҚАНТАРТПАҚ**$^{2}$ зат. этн. ***Арқан керу***.

**АРҚАНТАРТЫС** зат. ойын. *Қарама-қарсы екі жаққа бөлініп, ұзындығы 15 метрдей кендір арқанды тартып ойнайтын жастар, балалар ойыны.*

**АРҚАНША**$^{1}$ зат. *Арқаннан кішіректеу жіп.*

**АРҚАНША**$^{2}$ зат. биол. <лат. chalara> *Жұмыртқаның қабыршақ қабығынан ақуызының ортасынан сары уызына қарай тығыз ширатылған жіп тәрізді созылып жататын бөлігі.*

**АРҚАНШЫ** зат. *Арқан есуші.*

**АРҚАР** зат. зоол. <лат. ovis ammon> *Құлжасының (қошқарының) мүйізі ірі, түбі жалпақ, ұшына қарай сүйірлене, бұрала келген, ұрғашысының мүйізі кішілеу Орта, Орталық Азияның таулы аймақтарында мекендейтін қой тектес жабайы аң. // Күшті, ірі.*

**Арқар мүйіз**. а) *Мүйізі арқардың мүйізіндей.* ә) *Бірегей, ірі, ерекше.* **Арқар мүйізді**. *Арқардың мүйізінен жасалған.* **Арқар шақша**. *Арқардың мүйізінен жасалған шақша.* **Арқардың кәрі ешкісіндей.** *Қартайған, ұсқынынан айырылған, арса-арсасы шыққан.*

**АРҚАРДАЙ** сын. *Арқар тәрізді, орғып секірген арқарға ұқсас.*

**АРҚАР-ЖАЛАҚ** сын. *Бірде тоқ, бірде аш.*

**АРҚАРЖАПАҚ** зат. өс. <лат. arthropytumlehmannidnum> *Шөлді, шөлейт жерлерде өсетін жапырақсыз бұтақ тектес өсімдіктің бір түрі.*

**АРҚАРЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Арқар, таутеке сияқты аңдар жақсы жейтін, биік тау беткейлерінде өсетін, кішірек келген жүрекше жапырақ.*

**АРҚАРЖУСАН** зат. өс. <лат. artemisia tianschanica> *Тянь-Шань тауында өсетін, күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, тау жусаны.*

**АРҚАРКӨК** зат. өс. ***Арқароты.***

**АРҚАРЛЫҚ** сын. *Арқар тектес, тұқымдас.*

**АРҚАР-МЕРИНОС** зат. малшар. *Арқар мен мериносты будандастыру арқылы алынған қойдың жаңа тұқымы.*

**АРҚАРМҮЙІЗ** зат. қолөнер. *Қошқар мүйіз өрнегіне ұқсас болғанымен мүйіз сабағы шиыршықталып, тармақталып келетін оюдың түрі.*

**АРҚАРОТЫ** зат. өс. *Таулы, тасты жерде өсетін майда шөп.*

**АРҚАРША** үст. *Арқарға ұқсап.*

**АРҚАСЫЗ** сын. *Енжар, ынжық, жігерсіз.*

**АРҚАТ** зат. өс. *Ұсақ гүлді жабайы өсімдік.*

**АРҚАУ** зат. тоқыма. **1.** *Өрмектің үстіңгі және астыңғы жіптерінің арасына көлденең түсіп тоқылатын жіп.* **2.** ауыс. *Қуат, қайрат, күштің көзі, бір нәрсенің негізі.*

**Арқау болды.** *Негіз, желі болды.* **Арқау етті**. *Негіз, желі қылып алды.* **Арқау шөлмегі**

**[жүгіртпе].** *Екі басының кішірек ашасы бар, ұзындығы 20–30 сантиметрдей түзу таяқша.* **Арқауы бос**. *Табиғаты, негізі нашар.* **Арқауы босады**. *Жинақылықтан айырылды, әртүрлі жағымсыз күйге ерік берді, еркінсіді.* **Арқауынан айырылды**. *Негізінен, желісінен айрылды.* **Арқауы тарқады [үзілді, суырылды]**. *Тұтастығы, байланысы бұзылды.*

**АРҚАУДАЙ** сын. *Негіз, тірек сияқты.*

**АРҚАУ-ЖЕЛІ** зат. **1.** *Кілем, алаша т.б. үй заттарын тоқуға қолданылатын жіп түрлері.* **2.** ауыс. *Әңгіменің, іс-әрекеттің негізі, дәйегі, желісі.*

**АРҚАУЛАП** үст. *Негіз етіп, желі, ұйтқы болып.*

**АРҚАУЛЫ** сын. *Негізді, жүйелі.*

**АРҚАУЛЫҚ**[1] зат. сөйл. ***Арқалық.***

**АРҚАУЛЫҚ**[2] сын. **1**. *Арқау боларлық, арқауға жарарлық* **2**. ауыс. *Күш-қуат берерлік, нәр боларлық.*

**АРҚАУ-ӨЗЕК** зат. *Желі, негізгі мазмұн, тақырып.*

**АРҚАУСЫЗ** сын. *Арқауы жоқ, тірексіз, сүйеусіз.*

**АРҚАУЫЛДАЙ** сын. *Арқа, сүйеу боларлықтай.*

**АРҚАШАЙЫР** зат. өс. *Оңтүстік аймақта өсетін, азықтық қуаты мол шөп.*

**АРҚЫЛЫ** шыл. **1**. *Бойымен, жолымен.* **2.** *Арқасында, көмегімен.* **3.** *Салдарынан, кесірінен.* **4**. *Нәтижесінде.*

**АРҚЫН-ЖАРҚЫН** үст. сөйл. ***Ашық-жарқын.***

**АРҚЫРА=** ет. **1.** *Жан-жануарлардың қатты дыбыс шығаруы, ақыруы.* **2**. *Тасқын судың қатты сарқырауы.* **3**. *Машинаның, пойыздың, трактордың т.б. қатты дыбыс шығаруы.* **4**. ауыс. *Екпіндету, қатты қозғалу, күш-қуаты тасу.*

**АРҚЫРАС=** ет. *Бірігіп қатты дауыс шығару.*

**АРҚЫРАСУ** *Арқырас етістігінің қимыл атауы.*

**АРҚЫРАТ=** ет. **1**. *Қатты дыбыс шығарту, ақырту.* **2**. ауыс. *Екпіндету, күш, қуатын тасыту.*

**АРЛА**[1]**=** ет. **1**. *Жоғын жоқтау, намысын жырту.* **2**. *Ар-намысына тию, басыну, қорлау.*

**АРЛА**[2]**=** ет. *Атты баптап міну, күту.*

**АРЛА**[3]**=** ет. сөйл. ***Арылда.***

**АРЛАН** зат. **1**. *Қасқыр, ит тұқымдастарының еркегі.* **2**. *Ірі жыртқыш аңдардың еркегі.* **3**. ауыс. *Азулы, адуын адам.*

**Арлан бөрі.** *Қасқырдың еркегі, ең үлкені, мықтысы.*

**АРЛАН=** ет. *Ар көру, намыстану, ұят санау, қорлану.*

**АРЛАНҒЫШ** сын. *Намысқор, арын биік ұстайтын.*

**АРЛАНДАЙ** сын. *Арлан тәрізді, арлан сияқты.*

**АРЛАНДЫР=** ет. *Намыстандыру, ұялту, намысына тию.*

**АРЛАНДЫРУ** *Арландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРЛАНСЫ=** ет. *Арлан болғансу.*

**АРЛАНТ=** ет. *Намыстандыру, ұялту, намысқа тию.*

**АРЛАНУ** *Арлан етістігінің қимыл атауы.*

**АРЛАС=** ет. *Ар көру, намыс көру, ұят санау.*

**АРЛЫ** сын. *Ұятты, намысқой.*

**АРЛЫ-БЕРЛІ** үст. сөйл. ***Әрлі-берлі.***

**АРЛЫЛЫҚ** зат. *Ар-ұяты болушылық, намысқорлық.*

**АРМА** үст. көне. *Есен-саусың ба, аман-сың ба?*

**АРМАҒАН** үст. сөйл. ***Әрмен.***

**АРМАЙ-ТАЛМАЙ** үст. *Шаршамай, қажымай.*

**АРМАН**[1] [ир. ارمان] зат. *Көксеген мақсат, тілек, қиял.*

**Арман арқалады.** стиль. *Армандады, үміт күтті.* **Арман болды**. *Мақсат болды, армандады, көкседі, көкейінен кетпеді, аңсады.* **Арманға жету.** *Арманы орындалу.* **Арманда қалған жігіт.** *Қолындағысынан айырылып, қапы қалған (аңқау) жігіт.* **Арман етті [қылды, көрді]**. *Армандады, көкседі, мақсат етті.* **Арман қуды**. *Армандады, мақсат көздеді, талпынды, қиялдады, аңсады.* **Арман құсы.** *Ойлаған ойы, арманы.* **Арман құшағына ендірді.** бейн. *Қиялдатты, армандатты.* **Арман не [не арман]**. *Аңсау, аһ ұру.* **Арманы бар ма**. *Арманы жоқ.* **Арманы болмады**. *Бақытты болды, мақсатына жетті, бақытқа кенелді.* **Арманы жанды.** *Ойлаған мақсатына жетті, дегені орындалды.* **Арманы жоқ**. *Бақытты, армансыз, мақсатына жеткен, еш өкініші жоқ.* **Арманы қалмады**. *Арманына жетті, барша мақсат-тілегі орындалды.* **Арманына жеткізді**. *Тілегін орындады, бақытты етті.* **Арманына жетті**. *Мақсаты, тілегі орындалды, бақытқа кенелді, мұраты қабыл болды.* **Арманынан шықты**. *Дегеніне жетті, тілегі орындалды, бақытқа кенелді.* **Арманыңа жет.** тілек. *Мақсатың орындалсын деген мағынада.* **Арманы пәс.** *Үміті, тілегі басыңқы.* **Арманы үздікті.** *Аңсады, сағынды.*

**АРМАН**[2] үст. сөйл. ***Әрмен.***

**АРМАНДА** үст. **1**. *Аңсау, көксеу, қызыға құмарту мағынасында айтылатын сөз.* **2**. *Қапыда, аяқасты, ойламаған жерден.*

**Арманда болды**. *Өкінішке қалды, өмірі өксікпен өтті.* **Арманда кетті [өтті]**. *Мақсатына жете алмай, көксеген арманы орындалмастан қайтыс болды.* **Арманда қалды**. а) *Қапыда қалды, мақсатына жете алмады, тілегі орындалмады.* ә) *Орындалмай қалды, аяқсыз қалды.*

**АРМАНДА=** ет. *Арман ету, көксеу, аңсау, мақсат ету.*

**АРМАНДАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені арман еткіш, қиялшыл.*

**АРМАНДАЙ** сын. *Арман сияқты, қол жетпес қиялдағыдай.*

**АРМАНДАС** сын. *Мақсаттас, мұңдас.*

**АРМАНДАТ=** ет. *Аңсату, көксету, арман еткізу.*

**АРМАНДАУ** *Арманда етістігінің қимыл атауы.*

**АРМАНДЫ** сын. *Арманға толы, арманы көп.*

**АРМАН-ҚИЯЛ** зат. *Қилы қиял, әртүрлі ой, арман.*

**АРМАН-МАҚСАТ** зат. *Бар тілегі, ниеті мен мүддесі.*

**АРМАН-МҰҢ** зат. *Жан дүниесін мазалаған ойы.*

**АРМАН-МҰРАТ** зат. *Бүкіл ізгі тілегі мен түпкі мақсаты.*

**АРМАН-МҮДДЕ** зат. *Көксеген түпкі мақсаты.*

**АРМАН-ОЙ** зат. *Көксеген тілегі, ойы.*

**АРМАНСЫЗ** сын. **1**. *Арманы жоқ, армандамайтын.* **2**. *Бақытты, арманы жоқ, мақсатына жеткен, еш өкініші жоқ. // Алаңсыз, көңілдегідей, қалағанынша.*

**АРМАН-ТІЛЕК** зат. *Бар арманы мен тілегі.*

**АРМАН-ҮМІТ** зат. *Бар арманы мен үміті.*

**АРМАНШЫ** зат. *Арман етуші, арман дауы адам.*

**АРМАНШЫЛ** сын. *Армандағыш, қиялшыл, арманға толы.*

**АРМАНШЫЛДЫҚ** зат. *Қиялшылдық, мақсатшылдық.*

**АРМАНЫРАҚ** үст. сөйл. ***Әрменірек.***

**АРМАНЫРАҚТА** үст. сөйл. ***Әрменіректе.***

**АРМАТУРА** [лат. armatura] зат. құр. *Мәшинелердің, құрылымдардың, қосалқы құрал-құрылғылары мен бөлшектер жиынтығы, ғимараттардың қаңқасы.*

**АРМАТУРАЛЫҚ** сын. *Арматураға тән, қатысты, арматураға жарайтын.*

**АРМАТУРАШЫЛЫҚ** зат. *Арматурамен шұғылданушылық.*

**АРМАТУРШЫ** зат. *Арматура жасаушы.*

**АРМИРЛЕУШІ: армирлеуші толтырғыштар.** хим. *Материалдардың механикалық беріктігін арттыру үшін қосылатын белсенді талшықты толтырғыштар.*

**АРМИЯ** [лат. armare] зат. әск. **1.** *Мемлекеттің Қарулы күштерінің жиынтығы.* **2**. *Қоғамдағы қызметіне, мақсатына сәйкес белгілі бір әлеуметтік топ құрайтын адамдар жиынтығы.*

**Армия генералы**. әск. *Бірқатар елдер қарулы күштерінің жоғары офицерлік құрамының жалпы әскери атағы.* **Армияға [армия қатарына] шақырылды.** *Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге дайындық үшін әскери қызметке алынды.*

**АРМИЯЛЫҚ** сын. әск. *Армияға тән, армияға қатысты.*

**АРМРЕССЛИНГ** [ағыл. arm-wrestling] зат. спорт. *Білек күшін сынасу, білектесу спорты.*

**АРМЫСЫҢ=** ет. экспр. *Есен-саумысың, аманбысың, аман-есенбісің?*

**АРНА**[1] зат. **1**. *Өзен аңғарының су ағып жататын терең өзегі.* **2**. геогр. *Өзен аңғарының су ағатын ең төменгі бөлігі.* **3**. ауыс. *Бағыт, бағдар.* **4**. ауыс. *Өзек, негіз.* **5**. ауыс. *Аукым, ая.*

**Арнасынан аспады**. *Асып-таспады, көкірек кермеді, менменсінбеді.* **Арнасына сыймады [арнасынан тасыды]**. *Ырық бермеді, күш бермеді, тоқтамады.* **Арнасына түсті**. а) *Бір қалыпқа түсті, саябырсыды, тыныштады.* ә) *Сабасына келді, ашуы тарқады, өзіне-өзі келді.* **Арна тапты**. *Орын тапты, орналасты, орын алды.*

**АРНА**[2] зат. инф. <лат. canalis> **1**. *Мәліметтерді бір құрылғыдан екінші құрылғыға жеткізуге арналған техникалық құралдар жиынтығы.* **2**. *Есептеу торабының түйіндері байланысатын орта.* **3**. *Екі құрылғы арасындағы мәлімет беретін жол.*

**АРНА**[3] зат. тех. <лат. canalis> *Байланыс, коммуникация желісі.*

**АРНА=** ет. **1.** *Бір затты біреуге белгілеу, меншіктеу.* **2.** үст. *Мақсатты түрде, әдейі бағыттау, бағыштау, жолдау.*

**АРНАЙЫ** үст. **1**. *Әдейі, арнап.* **2**. *Біреу үшін, әдейілеп.* **3**. *Өз алдына, жеке-дара.*

**Арнайы әдебиет**. *Белгілі бір ғылым, білім саласына немесе оның жекелеген мәселелеріне арналған әдеби шығармалар жиынтығы.* **Арнайы бедербелгі.** инф. <лат. special character> *Әріп, цифр қалдырып кетумен ерекшеленетін бедер белгі.* **Арнайы қызмет кемесі.** *Мұз жару, сүйрету, гидрографиялық, өрт сөндіргіштік, құтқарушылық жұмыстарын атқаруға арналған кеме түрі.* **Арнайы мақсаттағы десант.** әск. *Жау тылында бүлдіргі әрекеттер (маңызды нысандарды жою, жаңа үлгідегі соғыс қаруларын ұрлау т.с.с.) және барлау жасауға дайындалған әскери бөлім.* **Арнайы мақсатты қор**. *Белгілі бір мақ-*

*сатта пайдалану үшін жиналатын қаржы.* **Арнайы мөрлендіру**. *Белгілі бір тарихи уақиғаға байланысты конверт, открытка немесе басқа пошта қағаздарына мөр басу.* **Арнайы педагогика**. пед. *Көру, есту, сөйлеу мүшелерінде және ақыл-ойында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін ғылым.* **Арнайы символ**. инф. <лат. special character> *Пернетақтада жоқ, алайда экранға немесе принтерге шығаруға болатын таңба немесе символ.* **Арнайы социология**. әлеум. *Тұтас қоғамның, әлеуметтік процестердің белгілі дәрежеде тәуелсіз, өзіндік жүйелерін зерттейтін әлеуметтану ғылымының дербес салаларының жиынтық атауы.*

**АРНАЙЫЛАНҒАН** сын. жерг. *Жеке салаға айналған.*

**АРНАЛ=** ет. **1**. *Заттың біреуге белгіленуі, меншіктелуі.* **2**. *Белгілі бір нәрсеге, біреуге бағыштау, жолдау.*

**АРНАЛА=** ет. *Арна жасау, жерді жыралау.*

**АРНАЛАН=** ет. **1**. *Арнаға айналу, жыралану.* **2.** ауыс. *Күшею, кеңею, көбею, зораю.*

**АРНАЛАС** сын. *Өзектес, негіздес, сабақтас.*

**АРНАЛАУ** *Арнала етістігінің қимыл атауы.*

**АРНАЛУ** *Арнал етістігінің қимыл атауы; меншіктелу, белгілену.*

**АРНАЛЫ** сын. **1**. *Арнасы үлкен, кең.* **2**. ауыс. *Жан-жақты, терең білімді.*

**АРНАЛЫҚ** сын. *Арнаға тән, арнаға қатысты.*

**Арналық деңгей**. инф. *Мәліметтер десте тізбектелген түрде жеткізуге арналған ашық жүйе әрекеттестігі моделінің екінші деңгейі.* **Арналық өзгерістер**. сушар. *Ағын әрекетіне және тасындылардың қайта шөгуіне байланысты өзен арнасы мен жекелеген арна түзілімдері кеңістігіндегі көлемдер мен қалыптардың өзгерісі.* **Арналық тасындылар**. сушар. *Ағыс күшімен тасымалданатын және арнадағы шөгінділерді қалыптастыратын қатты минерал бөлшектер.* **Арналық шашылымдар**. геол. *Тікелей арна су ағыстарында орналасқан аллювийлік шашылымдар.* **Арналық эрозия**. сушар. *Өзен арнасын ағын судың шаюы.*

**АР-НАМЫС** зат. *Адамгершілік қасиет, ар-ұят.*

**Ар-намысты биік ұстады.** *Намысты жоғары қойды, намысты болды.* **Ар-намысты жоғалтты.** *Ар-намыстан айырылды, ұятты жиып қойды.* **Ар-намысын сақтады.** *Намысын биік ұстады, ұятты ұмытпады.*

**АРНАП** үст. сөйл. ***Арнайы.***

**АРНАСЫЗ** сын. *Арнасы жоқ.*

**АРНАУ**[1] зат. **1**. *Арнайы шығарылған өлең-жыр.* **2**. әдеб. *Әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, қандай оқиғаға байланысты екенін көрсететін, көбіне өлең түрінде келетін автор сөзі.*

**Арнау өлең**. әдеб. *Белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды.*

**АРНАУ**[2] *Арна етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Арнайы жасау.* **2**. *Біреу үшін істеу, жасау.*

**АРНАУЛЫ** сын. **1**. *Арналған, әдейі дайындалған, арнайы әзірленген.* **2**. *Өзіндік, өзіне ғана тән.* **3.** *Арнайы бағытталған.* **4**. *Тиісті, арнайы.* **5**. *Мамандандырылған, салалық.* // *Ерекше, айрықша, бөлек.*

**Арнаулы әскер**. әск. *Қарулы күштердің әскери және күнделікті қажеттерін қамтамасыз ету үшін арнайы тапсырмаларды орындау міндеттелген әскери бөлімдер мен бөлімшелер.* **Арнаулы бақылау комиссиясы**. әск. *Орта радиус әрекетті ядролық қару туралы келісімге сәйкес құрылған комиссия.* **Арнаулы барлау**. әск. *Ядролық зақым ошағы, жердің, ауаның радиоактивтік, химиялық және бактериологиялық зақымдану сипаты туралы толық мәлімет алу үшін жүргізілетін барлау.* **Арнаулы білім**. *Белгілі бір іске, нақты салаға маманданған әртүрлі деңгейдегі біліктілік, дерек, ұғымдар жүйесі.* **Арнаулы білімді.** *Арнайы білім беру жүйесінің жоғары деңгейінен төмен тұратын кәсіби білікті маман даярлайтын оқу орындарынан алынатын білімі бар.* **Арнаулы заң.** филос. *Қоршаған өмірдің белгілі бір шағын саласындағы байланыстардың ғана мәнін түсіндіретін заң.* **Арнаулы қоректік орта**. биол. *Микроағзалардың жеке топтарын немесе түрлерін бөліп алу мақсатында дайындалатын қоректік орта.* **Арнаулы мақсаттағы әскер**. әск. *Диверсиялық барлау және террорлық әрекеттер жасауға, шетелдік аймақта немесе қарсылас тылында көтеріліс, насихат және қопару қимылдарын ұйымдастыруға, психологиялық соғыс жүргізуге арналған Қарулы күштердегі ерекше бөлімдер мен бөлімшелер.* **Арнаулы металлогения**. геол. *Металдардың шағын тобының кеңістіктегі орналасуы мен пайда болу мерзімінің заңдылықтарын қарастыратын металлогения бөлімі.* **Арнаулы оқу орындары**. пед. *Қоғамдық өмірдің түрлі салалары бойынша (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдениет т.б.) орта дәрежелі мамандар даярлайтын колледждер.* **Арнаулы салық режимі**. экон. *Салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленген және салықтардың жекелеген түрлерін есептеп, төлеудің, олар бойынша салық есептемесін берудің оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.* **Арнаулы функциялар**. мат. *Математикалық физика теңдеулерін интегралдағанда жиі кездесетін функциялар тобы.* **Арнаулы шегерім**. экон. *Фирма ұзақ байланысқа түсетін және ерекше қатынастардың нысандары бар сатып алушыларға берілетін баға шегерімі.* **Арнаулы экономикалық аймақ**. экон. *Капитал жұмсау және сауда үшін қолайлы жағдайлар жасайтын ерекше кеден, салық, валюта, еңбек т.б. тәртіптемелер қолданылатын шектеулі аймақ.* **Арнаулы электрметаллургия**. кен. *Металл өте сапалы болып шығатын электрметаллургиялық процестердің жиынтығы.*

**АРНОЛЬД** зат. өс. *Үлкендігі бір метрдей, жапырағы жоқ, жерге төселіп өсетін гүл.*

**АРОГЕНЕЗ** [грек. airo – көтеремін, genesis – пайда болу] зат. *Тірі ағзалардың құрылысы мен қызметінде ірі өзгерістер туғызатын эволюциялық даму.*

**АР-ОЖДАН** зат. сөйл. ***Ар-ұждан.***

**АРОМАТЕРАПЕВТ** зат. мед. *Ароматерапия саласының маманы.*

**АРОМАТЕРАПИЯ** зат. мед. *Жұпар иістердің пайдалы қасиеттерін қолдануға негізделген емдеу әдісі.*

**АРОМАТ** зат. сөйл. ***Жұпар иіс.***

**АРОМАТТЫ** сын. сөйл. *Жұпар иісті.*

**Ароматты қосылыстар.** хим. *Молекуласының құрамына ароматты жүйе кіретін көмірсутектер және олардың туындылары.*

**АРП** елік. *Иттің кенеттен, күтпеген жерден арс ете қалған дауысын бейнелейтін сөз.*

**Арп етті**. *Арс етті, арс ете қалды.*

**АРПА** зат. өс. <лат. hordeum> *Бидайға ұқсас қалың қауызды, дәнді астық тұқымдасы.*

**Арпа уыты**. *Өндірілген арпа дәндері.* **Арпа ұны**. *Арпадан тартылған ұн.*

**АРПАБАС**[1] зат. өс. <лат. bromus> *Мал азығына пайдаланылатын шөп.*

**АРПАБАС**[2] зат. қолөнер. *Зергерлік өнерде, кесте өрнегінде пайдаланылатын арпаға ұқсас ою.*

**АРПА-БИДАЙ** зат. *Дәнді дақыл, астықтар жиынтығы.*

**АРПАБОЗ** зат. өс. ***Арпашөп.***

**АРПАГҮЛ** зат. қолөнер. ***Арпабас.***

**АРПАҒАН** зат. өс. сөйл. *Құмды, шөлейт жерлерде өсетін, биіктігі 15-50 см-дей, түрі сұлы сияқты біржылдық шөп, тарақбоз арпабас.*

**АРПАКӨЖЕ** зат. тағам. *Арпадан жасалған көже.*

**АРПАҚ-ТҰРПАҚ** үст. *Тез, аяқ асты.*

**АРПАЛА=** ет. *Арпа беріп күту, асырау.*

**АРПАЛЫС** зат. **1**. *Талас-тартыс, қырқыс, күрес.* **2**. *Соғыс, шайқас.* **3**. *Жанталас, қарбалас.* **4**. ауыс. *Күйзеліс, дағдарыс, күйзелушілік.*

**АРПАЛЫС=** ет. **1**. *Алысу, күресу.* **2.** *Қиналу, жанталасу.*

**АРПАЛЫСТЫР=** ет. **1**. *Алыстыр, тартыстыр, күрестір.* **2**. *Қиналту, күйзелту.*

**АРПАЛЫСТЫРУ** *Арпалыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРПАЛЫСУ** *Арпалыс етістігінің қимыл атауы; алысу, күресу, тартысу.*

**АРПАМАСАҚ** зат. қолөнер. ***Арпабас***[2]**.**

**АРПАМӘДИЕН** зат. **1.** *Далалы жерлерде өсетін, биіктігі 10-15 см-дей бозғылт шөп.* **2.** *Жоңышқаның дәні, ұрығы.*

**АРПАНАН** зат. *Арпа ұнынан пісірілген нан.*

**АРПАҢ-ТАРПАҢ** үст. *Қалай болса солай, дөрекі.*

**АРП-АРП** елік. *Арпылдаған, арпылдап үрген иттің дауысын бейнелейтін сөз.*

**Арп-арп етті**. *Арпылдап үрді.*

**АРПАСУ** зат. *Арпадан ашытылып дайындалған су.*

**АРПАСЫЗ** сын. *Арпасы жоқ, арпа жемеген.*

**АРПАТАЛҚАН** зат. *Арпадан жасалған талқан.*

**АРПАШӨП** зат. өс. <лат. hordeum spontaneum> *Жапырағы жұқа, таспа тәрізді, астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АРПЫЛ** зат. *Иттің арп-арп еткен даусы.*

**АРПЫЛДА=** ет. **1**. *Арп-арп ету, үру.* **2**. ауыс. *Беттен алу, қарсы келу.*

**АРПЫЛДАС=** ет. **1**. *Арп-арп етісу, үрісу.* **2**. ауыс. *Ұрсысу, жұз шайысу.*

**АРПЫЛДАСУ** *Арпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**АРПЫЛДАТ=** ет. *Үргізу, арп-арп еткізу.*

**АРПЫЛДАТУ** *Арпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**АРПЫЛДАУ** *Арпылда етістігінің қимыл атауы.*

**АРПЫЛ-ТАРПЫЛ** үст. *Алаңсыз, бейқам.*

**АРПЫЛ-ТҰРПЫЛ** үст. сөйл. ***Арпыл-тарпыл.***

**АРРЕТИР** [нем. Arretier] зат. хим. *Дәл өлшейтін аспаптың (талдаулық таразы, гальванометр, т.б.) қозғалмалы бөлегін қажет болғанда қозғалмайтындай етіп бекітіп қоятын механикалық тетік.*

**АРС** елік. *Айбат көрсете кенеттен арп ете қалған иттің дауысын бейнелейтін сөз.*

**Арс етті**. а) *Кенеттен арп етіп үрді, тұра ұмтылды.* ә) *Қарсы тұрды, беттен алды.*

**АРСА** зат. **1**. *Арба шабағының екі жақтауы.* **2**. жерг. *Соғым етін іліп, кептіруге ар-*

*налған белгілі биіктікте көлденең бекітілген ағаш сырық немесе бөренеден жасалған ағаш құрылғы.* **3.** а у ы с . *Жүдеу, арық адам.*

**Арса болды**. а) *Ет әбден пісіп, бөлек-бөлек болды, сылынды.* ә) *Тақырланды, ештеңесі қалмады.* б) *Шаршап-шалдықты, қажыды.* **Арсасы шықты**. а) *Ет әбден пісіп, бөлек-бөлек болды, сылынды.* ә) *Борша-борша болды, арсиып қалды.*

**АРС-АРС** е л і к . *Қайта-қайта өршелене үрген иттің дауысын бейнелейтін сөз.*

**Арс-арс етті**. *Арсылдады, айбат көрсете үрді.*

**АРСА-АРСА** с ы н . **1**. *Сойдиған, арсиған (тақтай, ағаш).* **2.** *Еті сылынған, тықырланған (сүйек).* **3.** *Тым жүдеу, өте арық (адам).*

**Арса-арса болды**. а) *Ет әбден пісіп, сүйегі сылынып қалды.* ә) *Аңқиып-саңқиып қалды, быт-шыты шықты.* б) *Арыды, ашықты, еті қашты, жүдеді.* в) *Шаршап-шалдықты, қажыды.* **Арса-арсасы шықты**. а) *Арыды, жүдеді, еті қашты.* ә) *Сынды, қиралды.*

**АРСАҚАЙ** с ы н . *Сүйектері көрініп арсиған, сойдиған, сида.*

**АРСАҚТА**= е т . с ө й л . ***Арсалаңда***.

**АРСАЛАҚТА**= е т . с ө й л . ***Арсалаңда***.

**АРСАЛАН**= е т . **1**. *Етінен ажырау, сылыну.* **2.** а у ы с . *Еті қашу, жүдеу.*

**АРСАЛАНУ** *Арсалан етістігінің қимыл атауы; арса-арса болып сойдию.*

**АРСАЛАҢ** с ы н . *Ерке, еркін. // Еркелік, еркіндік.*

**Арсалаң қақты**. *Еркеледі, қуанды, көңілді болды.*

**АРСАЛАҢДА**= е т . **1**. *Иттің адамның үстіне шапши еркелеп қарсы алуы.* **2**. а у ы с . *Көңілдену, қуану, мәз болу.*

**АРСАЛАҢДАС**= е т . *Шуылдасу, мәз болысу.*

**АРСАЛАҢДАУ** *Арсалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**АРСАҢ** е л і к . *Жайраңдаған, мәз болған адамның оғаштау қимылын бейнелейтін сөз.*

**Арсаң қақты**. *Қуанды, мәз болды.*

**АРСАҢДА**= е т . **1**. *Мәз болу, қуану, жайраңдап жүру.* **2.** а у ы с . *Еркелеу, шолжаңдау.*

**АРСАҢ-КҮРСЕҢ** е л і к . *Арсаңдаған, арсалақтаған оғаштау қимылды бейнелейтін сөз.*

**АРСЕНАЛ** [франц. arsenal] з а т . **1**. ә с к . *Қару-жарақ, соғыс құралдарының қоймасы.* **2.** а у ы с . *Мол байлық, жиналған қор.*

**АРСЕНАТТАР** [лат. arsenicum] з а т . г е о л . *Жүз жиырмаға жуық минералды қамтитын орта мышьяк қышқылының тұздары.*

**АРСЕНИДТЕР** [лат. arsenicum] з а т . х и м . *Мышьяктың жартылай өткізгіш ретінде қолданылатын басқа элементтермен байланысынан пайда болған химиялық құрам.*

**АРСИ**= е т . **1**. *Арса-арсасы шығып жүдеу, арықтау, еті қашу.* **2.** *Тақырлану, сойдию, арса-арса болу.*

**АРСИН** з а т . х и м . *Мышьяктың сутегімен байланысы, улы газ – $AsH_3$.*

**АРС-ҰРС** е л і к . *Арсылдаған, арпалыса үрген иттердің дауысын бейнелейтін сөз.*

**Арс-ұрс етті**. а) *Арс-арс етті, абалады, арпалыса үрді.* ә) *Арсылдады, шуылдады, дабырлады.*

**АРСЫ-ГҮРСІ** с ы н . **1**. *Құбылмалы, айнымалы, алақұйын.* **2**. *Екпінді, қарқынды, қатты, күшті. // Арс-гүрс етіп, арсылдап-гүрсілдеп.*

**АРСЫЗ** с ы н . *Адамгершілік қасиеті төмен, ұятсыз. // Арланбайтын, ұятсыз адам.*

**Арсыз құлық.** *Адамдығы төмен мінез сипаты.* **Арсыз төбет.** *Ар-ұяттан безген, оңбаған.*

**АРСЫЗДАН**= е т . *Ұяттан, ар-намыстан безу, абыройдан айырылу.*

**АРСЫЗДЫҚ** з а т . <грек. kynismos> *Ар-намысы жоқ адамның адамгершілікке жат, теріс қылықтары мен мінез-құлқы.*

**АРСЫЛ** з а т . *Арс-арс етіп үрген дыбыс, үн.*

**АРСЫЛ-АБАЛАҢ** з а т . *Шабаланып үрген дауыс.*

**АРСЫЛ-ГҮРСІЛ** з а т . *Арс-гүрс еткен қатты дыбыс. // Құбылмалы, айнымалы, алақұйын (мінез).*

**АРСЫЛДА**[1]= е т . **1**. *Арс-арс ету, шабалана үру.* **2**. а у ы с . *Зекіру, ұрсысу, беттен алу, қарсыласу.*

**АРСЫЛДА**[2]= е т . с ө й л . ***Ырсылда***.

**АРСЫЛДАҚ** с ы н . *Арс-арс еткіш, ұрысқақ, ұрысшыл.*

**АРСЫЛДАС**= е т . **1**. *Арс-арс етісу, шабаланып үрісу.* **2**. а у ы с . *Ұрысу, зекіру, беттен алысу.*

**АРСЫЛДАТ**= е т . *Шабалантып үргізу, арс-арс еткізу.*

**АРСЫЛДАУ** *Арсылда етістігінің қимыл атауы; арс-арс ету, шабаланып үру.*

**АРСЫН**= е т . *Ар тұту, ұят санау, намыстану.*

**АРСЫНУ** *Арсын етістігінің қимыл атауы.*

**АРСЫҢ-КҮРСІҢ** с ы н . с ө й л . ***Арсыгүрсі***.

**Арсың-күрсің мінез.** *Құбылмалы, албырт мінез.*

**АРТ** з а т . **1**. *Белгілі бір заттың алдыңғы бетіне қарама-қарсы жағы, екінші беті.* **2**. *Бір нәрсенің кейінгі жағы.* **3.** *Бір нәрсенің соңы, аяқталуы, ақыры.* **4**. *Соңында, өзінен кейін.* **5**. *Жан- жануарлардың құйрық жағы, көтеншегі.* **6**. *Адам денесінің белден төменгі бөлігі, дүмі.*

**Арт жақ.** *Соңғы жақ, кейінгі жақ.* **Артқа қарайлай беру.** *Күмәндану, жалтақтау, тәуекел ете алмау.* **Артқа тартты**. *Кедергі келтірді, бөгет жасады.* **Артқа тастады [салды]**. а) *Басынан өткерді, басынан кешірді.* ә) *Суырылып алға шықты, озды.* **Арт қылды**. ж е р г . *Арқа тұтты, сүйеу көрді.* **Артқы сарқын.** б е й н . *Соңында қалған ұрпақ.* **Артта қалған ел.** *Дамымаған, сауатсыз, мешеу ел.* **Артта қалды**. а) *Қалып қойды, кешікті, кідірді.* ә) қ о ғ . -ә л е у м . *Шаруашылық, мәдениет жағынан, жалпы талап тұрғысынан кейін қалды, өспеді, дамымады.* **Арты ашылды**. а) *Бұлт ыдырап, күннің көзі көрінді.* ә) *Ұятқа қалды, абыройы төгілді, түсті.* б) б е й п і л . *Мазақ қылды, дөрекі түрде күлкі қылды.* **Арты бос**. *Осал, әлсіз; дәті берік емес, мықты емес.* **Арты былғаныш.** *Күнәдан сау емес, жазықты.* **Арты кеніш**. *Арты, аяғы молшылық, береке.* **Арты қайырлы [той] болсын.** т і л е к . а) *Соңы игілікті болсын, жақсылығын берсін, артын оңғарсын деген мағынадағы қандай да бір іс басталарда немесе істің басы ойдағыдай болып шыққанда айтылатын тілек.* ә) д і н и . *Кісісі қайтыс болған адамдарға қарата, марқұмның артынан қалғандарына Алла қуаныш, жақсылық нәсіп етсін деген мағынада айтылатын тілек сөз.* **Арты [арт жағы] қуыс.** *Күдікті, сезікті; қылмысты.* **Артыма қатым қылсын**! т і л е к . *Өлгеннен кейін рухына бағыштап Құранды (көлем шәріпті) түгел оқып шығу мағынасында айтылады.* **Артын ала**. *Іле, ізінше, артынша.* **Артына белгі қалдырмады [тастамады]**. *Бұл дүниеден ұрпақсыз кетті.* **Артына қалжуыр байлады.** *Қарап жүрмей, өзіне-өзі сор тіледі.* **Артына қалған тұяғы сынды.** *Мұрагері мерт болды, қайтыс болды, қаза тапты.* **Артына қалдырды.** *Өзі өліп, соңында шиеттей бала-шағасы не қартайған ата-анасы қалды, қалдырып кетті.* **Артына қара ермеген**. *Соңында ұрпақ қалдырмаған, тұл, баласыз, бауырсыз.* **Артынан бір ауыз сөз айтпады**. *Өсектемеді, сөз қылмады.* **Артынан күл шашты.** *Артынан табалады, кеткеніне қуанды.* **Артына салды**. а) *Артына мінгестіріп алды.* ә) *Жаулап алды, өңгеріп тұтқын қылып әкетті.* **Артына сөз қалдырды [тастады]**. *Кейінгіге жақсы атақ, өнегелі сөз, өлең қалдырды.* **Артына топырақ шашты**. *Лағынет айтты.* **Артына тұяқ қалдырды.** *Соңында нәсіл, ұрпақ қалдырды.* **Артына [шырақ алып] түсті**. а) *Белгілі бір мақсат қойып, айналысты.* ә) *Құдалады, күн көрсетпеді.* **Артын берді**. *Теріс қарады.* **Артын берсін**. э т н . *Өлген адамның арты қайырлы болсын деген бата, тілек.* **Артында қалдырды**. *Өзі өліп, жақыны соңында қалды.* **Артында тұяқ қалмады**. *Соңында ұрпақ қалмады.* **Артында із қалдырды**. а) *Соңына ұрпақ қалдырды.* ә) *Кейінгілер ескере жүретіндей еңбек, үлгілі, өнегелі із қалдырды.* **Артын жапты.** *Абырой әперді, жетістірді; ыңғайсыз жағдайға қалдырмады.* **Артын күтті [бақты]**. *Соңын тосты, істің аяғын, ақырын күтті.* **Артын қысты**. с ө й л . б е й п і л . *Шама-шарқын біліп, жым болды, үндемеді.* **Артын ойлады**. *Бір нәрсенің салдарын, оның тигізетін әсерін жан-жақты бажайлады.* **Артын ойлатпады.** *Неге апарып соғатынын білгізбеді, байымдатпады.* **Арты шаңсыз, алды даусыз.** *Ешбір шатақсыз, талас-тартыссыз.*

**АРТ**[1]= е т . **1**. *Жүкті тиеу, жүк салу.* **2**. *Асу, ілу.* **3**. а у ы с . *Міндеттеу, жүктеу, тапсыру.*

**АРТ**[2]= е т . **1**. *Молаю, көбею, асу.* **2**. *Асып кету, көтерілу; жоғарылау.*

**Арта түсті [берді]**. *Ұлғая түсті, күшейе түсті.*

**АРТАЛА** з а т . т а м а қ . *Сиырдың сирақ етінен дайындалған грузин сорпасы.*

**АРТБАСПАЙ** з а т . *Бақта, аулада т.б. жерлерде демалу үшін ұзынша етіп жасалған орындық.*

**АРТБАТАРЕЯ** [франц. batterie] з а т . ә с к . *Ротаға, жүздікке сәйкес келетін артиллериялық әскери бөлімше.*

**АРТДИВИЗИОН** з а т . ә с к . *Өз басқармасы, бөлімшелері бар артиллериялық әскери бөлім.*

**АРТЕЗИАН** [франц. artesien]: **артезиан алабы**. г е о л . *Бір немесе бірнеше орынды су қабаттары бар аумақты, біртұтас геологиялық құрылым.* **Артезиан құдығы.** г е о л . *Жердің терең қабаттарында жатқан артезиан суын алу үшін бұрғыланған ұңғыма.* **Артезиан сулары**. г е о л . *Жерасты сулары.*

**АРТЕЛЬ** з а т . т а р . с о в е т . *Шаруашылықты оңтайлы етіп ұйымдастыру үшін біріккен, тең құқылы адамдар ұйымы.*

**АРТЕЛЬДЕС** з а т . *Бір артельде бірге жұмыс істейтін.*

**АРТЕЛЬДЕС**= е т . т а р . *Артель болып бірігу, бірлесу.*

**АРТЕЛЬДЕСТІР**= е т . с о в е т . *Артельдерге біріктіру.*

**АРТЕЛЬДЕСТІРУ** *Артельдестір етістігінің қимыл атауы.*

**АРТЕРИОГРАММА** [лат. Arteriogram] з а т . м е д . *Артерия соғуының жазбасы.*

**АРТЕРИОГРАФИЯ** [грек. Arteriography] з а т . м е д . *Артерия соғуын жазып алу арқылы жүргізілетін қан тамырларын рентгенологиялық зерттеу.*

**АРТЕРИОСКЛЕРОЗ** [грек. arteriasklerosis] з а т . м е д . *Артерия қабығының қалыңдап, қан тамырының созылмалы ауруға ұшырауы.*

**АРТЕРИЯ** [грек. arteria] з а т . м е д . *Дененің барлық ағзалары мен тіндеріне жүректен қан тарататын тамырлар.*

**АРТЕРИЯЛЫҚ** с ы н . *Артерияға қатысты, артериядағы.*

**Артериялық жүйе**. мед. *Қан айналу жүйесі.* **Артериялық қысым**. мед. *Артериядағы қан қысымы.*

**АРТЕФАКТ** [artefactum] зат. *Табиғаттан тыс қолдан жасалған зат, мәдениеттің жемісі.*

**АРТИКЛЬ** [франц. article] зат. лингв. *Еуропа тілдерінде зат есімнің алдында тұрып оның белгілі/белгісіздігін көрсететін, көмекші сөз немесе аффикс түрінде көрініс табатын грамматикалық бірлік.*

**АРТИКУЛ** [лат. articulus] зат. экон. *Тауар тұрпаты, оның сандық немесе әріптік таңбалануы.*

**АРТИКУЛЯЦИЯ** [лат. articulatio] зат. лингв. *Белгілі бір тілдік дыбысты шығарудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.*

**АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. *Артикуляцияға тән, қатысты.*

**Артикуляциялық база**. лингв. *Белгілі бір тіл иелерінде қалыптасқан тілдегі әрбір дыбысты жасаудағы дыбыстау мүшелерін қолдану дағдыларының үйреншікті жиынтығы.*

**АРТИЛЛЕРИСТ** зат. сөйл. ***Артиллерияшы***.

**АРТИЛЛЕРИЯ** [франц. artillerie] зат. әск. **1**. *Зеңбірек, миномет т.б. сияқты снарядпен атылатын ірі соғыс құралдарының жалпы аты.* **2.** *Артиллериялық қару-жарақ құрылысы, олардың қасиеттері мен ұрыста қолдану әдістері туралы ғылым.* **3**. *Негізгі қаруы снарядпен атылатын ірі соғыс құралдары болып келетін әскер түрі.*

**АРТИЛЛЕРИЯЛЫҚ** сын. *Артиллерияға тән, қатысты.*

**Артиллериялық атыс**. әск. *Ұрыс қимылдарын жүргізудің бір тәсілі.* **Артиллериялық барлау**. *Тактикалық ракетадан соққы беру және артиллерия атысын дайындап жүргізу мүддесінде қарсыластың нысаналары туралы мәлімет жинау.* **Артиллериялық дайындық**. әск. *Тікелей шабуылдың алдында өткізілетін артиллерияның ұрыс қимылдары мен шабуылы.* **Артиллериялық қару-жарақ**. әск. *Ұңғылы, оқ ататын қарулардың түрі.* **Артиллериялық қолдау**. әск. *Шабуылға шыққан бөлімше жауынгерлерінің жедел ілгері басуын қолдау, артиллерия арқылы қарсылас шебіне соққы беру.*

**АРТИЛЛЕРИЯШЫ** зат. әск. *Артиллериялық әскердің жасақшысы.*

**АРТИСТ** [франц. artiste] зат. өнер. ***Әртіс*** *(драмалық немесе музыкалық спектакльдерде, кинода рөл орындаушы, эстрадалық, цирктік қойылымдарға қатысушы өнер иесі).*

**АРТИСТЕЙ** сын. сөйл. *Әртіс сияқты, әртіске тәрізді.*

**АРТИСТКА** ор. зат. *Әртіс әйел.*

**АРТИСТІК** сын. сөйл. ***Әртістік*** *(әртістік өнерге тән, лайық, сай).*

**АРТИСШЕ** үст. сөйл. ***Әртісше*** *(әртіске ұқсап, соған сай, лайық).*

**АРТҚАРАҚ** үст. *Артқа таман, кейінірек, соңын ала.*

**АРТҚЫ** сын. **1**. *Арт жақтағы, арт жағындағы.* **2**. *Соңғы, кейінгі.* **3**. ауыс. *Ізін басып келе жатқан.*

**Артқы айыл**. *Ердің арт жақ қасының астынан тағатын айыл.* **Артқы бой**. қолөнер. *Сырт киімнің артқы өңірі.* **Артқы ми**. анат. <грек. met – артқы, enkephalon – ми> *Мишық пен ми көпірінен құралған ми бөлігі.* **Артқы сарқын.** бейн. *Соңында қалған ұрпақ.* **Артқы ішек**. мед. сөйл. *Тік ішек.*

**АРТҚЫЖЕТЕКТІ** сын. көлік. *Қозғалысы артқы дөңгелектерінің айналуы арқылы жүзеге асырылатын.*

**АРТҚЫЗ**= ет. **1.** *Затты, жүкті т.б. тиеткізу.* **2**. ауыс. *Күшейту, арттыру.*

**АРТРИТ** [грек. arthron] зат. мед. *Зат алмасуының бұзылуынан буын қабынның асқынып, қабынып ауруы, яғни буынның қозғала алмай шорбуындануы.*

**АРТРО...** *Мағынасы буынға байланысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**АРТРОДЕЗ** зат. мед. *Буынның толық қимылсыз болуына байланысты жасалған хирургиялық ота.*

**АРТРОЗ** [грек. arthron] зат. мед. *Зат алмасуының бұзылуынан болатын буын ауруының созылмалы түрі.*

**АРТРОЛОГИЯ** [грек. artron – буын, logos – ілім] зат. мед. *Буындар мен олардағы түрлі ауруларды зерттейтін медицина және ветеринария бөлімдері.*

**АРТРОПЛАСТИКА** зат. анат. *Буындардың қимылдауын қайта қалпына келтіру үшін жасалған пластикалық ота.*

**АРТРОПУНКЦИЯ** [грек. arthron – буын, лат. punctio – тесу] зат. вет. *Белгілі бір ауруды анықтау, оны емдеу мақсатымен, асептика және антисептика ережелерін бұлжытпай сақтай отырып қолданылатын хирургиялық амал.*

**АРТРОТОМИЯ** [грек. arthron – буын, tome – тілік, кесу] зат. анат. *Буынды ашу отасы.*

**АРТТАҒЫ** сын. **1**. *Арт жақтағы, соңғы, кейінгі.* **2**. ауыс. *Артынан еріп келе жатқан, кейінгі жас (ұрпақ).* **3**. ауыс. *Кейінгі, өтіп кеткен кездегі.* **4**. ауыс. *Қалып қойған, ілесе алмаған.*

**АРТТЫР**= ет. **1.** *Жүкті тиеттіру.* **2**. *Молайту, көбейту.* **3**. *Күшін көбейту, күшейту.* **4**. ауыс. *Істің сапасын жақсарту, дәрежесін жоғарылату.*

**АРТТЫРУ** *Арттыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Молайту, көбейту.* **2.** *Белгілі бір нәрсені, сапаны күшейту, көтеру.* **3**. *Белгілі бір қасиетті күшейту, дамыту.*

**АРТТЫРУШЫ** зат. *Бір нәрсенің көлемін яки сапасын бұрынғысынан молайтушы, өсіруші, өзгертуші, жақсартушы адам.*

**АРТТЫРЫЛ**= ет. *Молайтылу, күшейтілу.*

**АРТТЫРЫЛУ** *Арттырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АРТУ** *Арт етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір нәрсеге тиеу.* **2**. *Молаю, көбею, ұлғаю.*

**АРТУ-АРТУ** сын. жерг. ***Асу-асу***.

**Арту-арту бел.** *Қиын асу, қиын кезең.*

**АРТУЛЫ** сын. *Тиеулі, артылып қойылған.*

**АРТУСЫЗ** сын. *Жүксіз, тиеусіз.*

**АРТЫ** зат. **1**. *Заттың, адамның алдына қарсы бетін, жағын білдіретін көмекші сөз.* **2.** *Соңы, жалғасы.*

**АРТЫҚ** сын. **1**. *Мөлшерден тыс, жоғары, шамадан тыс көп, мол.* **2**. *Артылып қалған.* **3**. *Басқамен салыстырғанда сапалы, құнды, бағалы, астам.* **4**. *Дұрыс, қолайлы, ең жақсы.* **5.** *Дұрыс емес, жөнсіз, жаман, қажетсіз.* **6**. *Тиімді, пайдалы.* **7**. *Жақсы, егжей-тегжей, жан-жақты.* **8**. *Содан басқа, бөтен, өзге.* **9**. *Өзгеше, ерекше, басқаша.* **10.** *Орынсыз, ретсіз.* **11**. *Басқамен салыстырғандағы дұрысы, жақсысы.* **12.** *Бір заттың, істің, қасиеттің т.б. көбірек болуы.* **13**. *Өз құнынан жоғары, қымбат.*

**Артығымен қайыру**. *Өтемін еселеп қайтару.* **Артық ауыз бала**. жерг. *Қолды-аяқты, епті, жұмсауға ыңғайлы бала.* **Артық ауыз сөз**. *Жөнсіз айтылған сөз, адам ренжітер сөз.* **Артық барыспау.** *Қатты араласып-құраласпау, қарым-қатынаста белгілі бір шекті сақтау.* **Артық болды**. *Салыстырып қарағанда жақсырақ болды.* **Артық етпейді**. *Пайдасы болмаса, зиян келтірмейді.* **Артық кетті**. *Қаттырақ айтып, ренжітіп алды.* **Артық көрді**. а) *Қадірлеп, қымбат тұтты.* ә) *Көп деп санады.* б) *Ұнамсыз, ретсіз санады.* **Артық салмақ.** *Тамақты артық ішуден, ағзада болатын кейбір ауру салдарынан денені май басу, семіздік.* **Артық санады.** *Артық деп есептеді.* **Артық сөз**. *Жөнсіз сөз айту, байқамай айтылған орынсыз сөз.* **Артық туған**. *Ерекше жаратылған, тумысы бөлек.*

**АРТЫҚ-АУЫС** сын. **1.** *Басы артық, басы бос, пайдаға аспайтын.* **2**. ауыс. *Жөнсіз, орынсыз, оқыс (сөз).*

**АРТЫҚ-КЕМ** зат. **1**. *Жоқты-барды, асып кеткені, жетпей қалғаны.* **2**. *Ерекше көзге түсер жақсылы-жаманды қасиеті.* **3**. ауыс. *Жақсылы-жаманды, жоғары-пәс, қатардағы адам.*

**Артық-кем сөз**. *Ойын-шыны, әзіл-қалжың, қақтығысы аралас сөз.*

**АРТЫҚ-КЕМДІ** сын. *Азды-көпті, азын-аулақ, жақсылы-жаманды.*

**АРТЫҚ-КЕМДІК** зат. *Артық-кем болушылық.*

**АРТЫҚ-КЕМІС** зат. сөйл. *Асып кеткен, жетіспей жатқан тұсы.*

**АРТЫҚСЫ**= ет. экспр. *Өзін басқадан ерекшелеп, жоғары санау.*

**АРТЫҚТАУ** сын. **1**. *Көбірек, молырақ, артығырақ.* **2**. *Әдемілеу, жақсылау.* // жағымсыз. *Шектен шығып, әдептен озған.*

**Артықтау кетті**. *Әдеп сақтауды ұмытып кетті, оқыстау қылық танытты.*

**АРТЫҚТЫҚ** зат. **1**. *Көптік, молдық, артық болушылық.* **2**. *Ерекшелік, өзгешелік.*

**АРТЫҚША** үст. **1.** *Айрықша, ерекше.* **2**. *Ерекше, ыстық ықыласты (құрмет, ілтипат туралы).* **3**. *Елден ерекше тартымды.*

**Артықша бақыт**. *Басқалардан бөлек, өзінше, ерекше бақыт.* **Артықша жан**. *Ерекше жаратылған, ойы, болмысы бөлек адам.* **Артықша қасиет**. *Ерекше, өзінше, бөлекше сапа, сын.* **Артықша туған**. *Болмыс бітімі, жаратылысы ерекше, басқадан озық.*

**АРТЫҚШЫЛЫҚ** зат. **1**. *Өзіне ғана тән ерекшелік, өзгешелік, айырмашылық.* **2**. *Тиімділік, пайда, ұтымдылық.* **3**. *Үлес, салмақтың бір жаққа қарай ойысқандағы басымдық.* **4.** *Кемшілік, ағаттық, артық кетушілік.* **5**. *Екінші нәрсемен, біреумен салыстырғандағы айырмашылық.* **6.** заң. <лат. privilegium> *Айрықша құқықтылық, биік дәрежелілік, ерекше жеңілдік.*

**АРТЫЛ**[1]= ет. **1**. *Біреуден, бір нәрседен асып кету, мөлшерден тыс көп, мол болу.* **2**. *Керегінен қалу, ауысу.* **3**. ауыс. *Қолы тимеу, босамау.* **4**. ауыс. *Күшею, еселену.* **5**. ауыс. *Болымсыз тұлғада тұрып, жетпей қалу, таусылу деген мағынаны білдіреді.*

**АРТЫЛ**[2]= ет. *Бір нәрсенің көлікке т . б. тиелуі.*

**АРТЫЛДЫР**= ет. *Ұлғайттыру, көбейттіру.*

**АРТЫЛДЫРУ** *Артылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРТЫЛТ**= ет. **1**. *Ұлғайту, көбейту, өсіру.* **2**. *Артық ету.*

**АРТЫЛУ** *Артыл етістігінің қимыл атауы; ұлғаю, көбею, артық болу.*

**АРТЫН**= ет. *Тиелу, тағыну, жасану.*

**АРТЫНАН** үст. *Соңынан, аяғынан.*

**АРТЫНА-ТАРТЫНА** үст. **1**. *Асығыс, апыл- ғұпыл.* **2**. *Арқалаған, артынған күйі.*

**АРТЫНДА** үст. *Соңында, ақырында.*

**АРТЫНША** үст. *Істің соңын ала, іле-шала, ізінше.*

**АРТЫНЫП-ТАРТЫНЫП** үст. *Асынып-артынып, тиеліп, жарақтанып.*

**АРТЫП-АРТЫП** үст. *Үстеп-үстеп, үстемелеп-үстемелеп.*

**АРТЫП-ТАРТЫП** үст. *Жүкті теңдеп-теңдеп, тиеп-тиеп.*

**АРТЫС=** ет. *Тиесу, жинасу.*

**АРТЫСУ** *Артыс етістігінің қимыл атауы; тиесу, жинасу.*

**АРУ**[1] зат. экспр. *Сұлу, сымбатты, керім, кербез қыз, әйел.*

**АРУ**[2] сын. **1**. поэт. *Көрікті, сәнді, әдемі (ай, күн және т.б.).* **2**. *Асыл тұқымды, нағыз таза қанды (ат, сұңқар және т.б.).* **3**. *Нағыз мықты, асыл, күшті (ұл, жігіт, батыр және т.б.).*

**АРУАҚ** [ар. ارواح] зат. діни. **1**. *Жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туатын наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы.* **2**. ауыс. *Қаусаған құ сүйек, құр дене.* **3**. ауыс. *Қасиетті, киелі деп танылған мекен, орын, жер.* **4**. ауыс. *Ерекше рухты, арқалы кұш.*

**Аруағы аспандады**. *Мерейі өсті, рухы биіктеді.* **Аруағы асты.** *Күші басым болды, мысы басты, жеңді.* **Аруағы атсын**! қарғ. *Қатты кейігенде жазасын берсін деген мағынада айтылатын сөз.* **Аруағы басты**. *Мысы басты, өктем болды.* **Аруағы басым [артық]**. *Аруағы күшті.* **Аруағы қожырады.** стиль. *Қарқыны қайтты, мысы басылды.* **Аруағы қозданып, елірген кәрі бақсыдай.** бейн. *Аруағы, делебесі қозып, еліріп.* **Аруағы қозды.** *Жыны келді, ашу шақырып, жанжал шығарды.* **Аруағына сиынды**. діни. *Аллаға тілегімді жеткізсін деп ата-баба рухынан медет сұрады.* **Аруағын көтерді.** *Рухын, беделін арттырды.* **Аруағын сыйлады**. *Өлген адамның рухын құрметтеді.* **Аруағыңнан айналдым [садаға кетейін]**. *Аруақты құрметтеп еске алған кезде айтылатын сөзқолданыс.* **Аруағы риза болды**. діни. *Ата-баба рухы қолдайтындай іс атқарды.* **Аруағы ұстады**. а) *Жыны келді, ашу шақырып, жанжал шығарды.* ә) *Шабыты күшейді, күш алды, арқасы ұстады.* **Аруағы ұшып кетті**. *Құты қашты, үрейленді.* **Аруақ алдында жүгіндірді.** этн. *Аруаққа сиындырды, ата-баба аруағына жалбарындырды.* **Аруақ атқыр [атсын].** қарғ. *Құдай ұрғыр, жолың болмағыр.* **Аруақ аттады [аяққа басты, сындырды]**. *Аруақты сыйламады, ата-баба әдет-ғұрпын бұзды, ата жолдан тайды.* **Аруақ атып, Құдай қарғасын**. қарғ. *Бақытың ашылмасын, жолың болмасын.* **Аруақ егіз, Құдай тақ.** *Аруақ жалғыз болмайды, Алла жалғыз.* **Аруақ жар болсын [жебесін, қолдасын]**. тілек. *Аруақ жәрдем берсін, жолыңды желеп-жебесін деген мағынадағы сөз.* **Аруақ көшті**. *Бойындағы қасиет, қадірден айрылды.* **Аруаққа шет болмады**. *Аруаққа шүбә келтірмеді, жолдан таймады, біреудің обалына қалмады.* **Аруақ қонды**. *Байырғы наным бойынша бұрынғы ата-бабаларының ішіндегі рухы биік әулие адамның қасиеті бойына дарыды деген мағынада.* **Аруақ, құдай айтысты.** сөйл. *Ант ішті.* **Аруақ қысты**. *Ата-бабасының рухы еркіне қоймай, бойын биледі.* **Аруақ орнады.** діни. *Аруақ қонды, ата-бабаларының рухы қолдады.* **Аруақ сатты**. *Қасиеттен аттады, рухты аяққа басты.* **Аруақты ауызға алды**. *Аруақтан көмек сұрады.* **Аруақты күңірентті.** *Аруаққа тіл тигізді, шектен шықты.* **Аруақты қорлады**. *Өлген адамның рухын құрметтемеді.* **Аруақ ұрсын!** қарғ. *Ата-баба рухы атсын, жолың болмасын деген мағынада.* **Аруақ үстін басты**. *Сұсы басты, мысы жеңді.* **Аруақ үшінді.** *Аруақ атты, жолы болмады.* **Аруақ шақырды**. *Пір тұтқан ата-бабалар аруағына сыйынды, табынды.*

**АРУАҚСЫЗ** сын. *Рухсыз, қасиет тұтар еш нәрсесі жоқ.*

**АРУАҚТА=** ет. *Ата-бабаларының аруағына сиыну, аруақ шақыру, ұрандау.*

**АРУАҚТАЙ** сын. **1**. *Өлген, жансыз адам сияқты.* **2**. ауыс. *Құп-қу, боп-боз күйде.*

**АРУАҚТАЛ=** ет. *Аруақты, киелі болу.*

**АРУАҚТАН=** ет. *Рухтану, жігерлену, құаттану, қайраттану.*

**Аруақтанып кетті**. *Шабытқа мінді, арқаланды.*

**АРУАҚТАНДЫР=** ет. *Рухтандыру, жігерлендіру.*

**АРУАҚТЫ** сын. *Қасиетті, киелі, арқалы.*

**Аруақты баба**. миф. *Ұрпақтарын желеп-жебеп жүретін қасиетті бабалар рухы.*

**АРУАҚШЫ** зат. *Арқаландырып, делебесін қоздырушы.*

**АРУАҚШЫЛ** сын. *Аруаққа сиынғыш.*

**АРУАНА**[1] [ир. اروانه] зат. **1.** *Бір өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы.* **2**. ауыс. *Балажан ана.*

**Аруана тайлақ.** *Таза аруана нәсілді бура мен таза аруанадан туған жалғыз өркеш түйе төлінің екі жастағы атауы.*

**АРУАНА**[2] зат. зоол. *Ұзындығы 15-20 мм, мойыны аруана түйенің мойыны тәрізді, аты соған сәйкес қойылған түйе қоңыздың балама атауы.*

**АРУАНАДАЙ** сын. **1**. *Аруана тәрізді, аруана сияқты.* **2**. ауыс. *Боталаған нардай, мейірімді, аналық мейірі төгілген.*

**Аруанадай боздады**. *Ботасын іздеген аруананың дауысына ұқсас зарлы үн шығарды.*

**АРУАШ** зат. *Көбік, көпірік.*

**АРУГҮЛ** зат. өс. *Биіктігі 1,5 м-дей, жапырақтары ұзынша, ноқатты, шеттері тісті болып келетін, гүлі қызыл, сары немесе сарғыш, сәндік үшін өсірілетін үй өсімдігі.*

**АРУДАЙ** сын. **1**. *Ару сияқты.* **2**. ауыс. *Сымбатты, көрікті.*

**АРУЗ** [ар. عروض] зат. әдеб. *Орта ғасырдағы Таяу шығыстың классикалық поэзиясында созылыңқы және қысқа буындардың белгілі заңдылықпен кезектесуіне негізделген өлең өлшемі.*

**АРУЛА=** ет. **1**. діни. *Өлікті тазартып жуу, ақ матамен орау; қастерлеу.* **2**. ауыс. *Тазалау, жуу.*

**Арулап көмді.** этн. *Ардақтап, құрметтеп жерледі.* **Арулап [ақ жуып, арулап] қойды**. этн. *Құрметпен, қадірлеп, ақ жуып жерледі.*

**АРУЛАН=** ет. *Тазалану, жуылу.*

**АРУЛАУ**[1] зат. этн. *Өлікті жөнелтуге қатысты дәстүр.*

**АРУЛАУ**[2] *Арула етістігінің қимыл атауы; өлікті тазартып жуу.*

**АРУЛЫҚ** зат. *Түрге байланысты келбеттілік, көріктілік.*

**АР-ҰЖДАН** зат. *Адамға тән ізгі қасиет, намыс, ар-ұят.*

**Ар-ұждан алдында**. *Ар-ұят алдында.*

**АР-ҰР** елік. *Арылдаған, гүрілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Ар-ұр етті**. а) *Арылдады, гүрілдеді.* ә) *Ұрсысып-керісті.*

**АР-ҰЯТ** зат. *Ар-ұждан, ізгілік, ұят.*

**Ар-ұяты кірді.** *Адал емес, жаны таза емес.* **Ар-ұятын төкті**. *Ізгіліктен айырды, адамшылықтан жұрдай етті.*

**АРФА** [нем. Harfe] зат. муз. *Ұзынша етіп, ушкілденіп жасалған, саусақпен іліп-тартып, шертіп ойнайтын ішекті сазды аспап.*

**АРФАШЫ** зат. муз. *Арфа тартатын сазгер.*

**АРХАИЗМ** [грек. archaios] зат. лингв. *Сөйлеу тілінде қолданудан шығып қалған көнерген сөздер мен сөз тіркестері.*

**АРХАИКА** [грек. archaikos] зат. *Өнер дамуының көне замандағы түрі.*

**АРХАИКАЛЫҚ** сын. *Байырғы, көне.*

**АРХАНГЕЛ** [грек. archangelos] зат. діни. *Христиан дінінде жоғарғы шендегі періште.*

**АРХАНТРОПТАР** [грек. archaios – ежелгі, anthropos – адам] зат. антр. *Қаңқа қалдықтарын зерттеу барысында адамдардың арғы тегіне жатқызылып жүрген тіршілік иелерінің ғылымдағы жиынтық атауы.*

**АРХАР** зат. сөйл. ***Арқар***.

**АРХАШАСТРА** санскр. зат. филос. *Ежелгі үнді трактаты, патшалардың өмірі мен қызметін қамтитын сакскрит тіліндегі көне ережелер жиынтығы.*

**АРХЕБАКТЕРИЯЛАР** [грек. archaios – ежелгі, bacteria – таяқша] зат. *Жасушасында ядро болмайтын, таза бактериялардан өздерінің физиологиялық-биохимиялық өзгешеліктері арқылы ерекшеленетін микроағзалар тобы.*

**АРХЕГОНИЙ** [грек. arche – басталу, gone – пайда болу] зат. бот. *Мүк, қырыққұлақ тәрізді плаун және жалаңаш тұқымды өсімдіктердің аналық тұқым жасушасы.*

**АРХЕЙ** [грек. archaios] зат. *Архей эрасы және архей тобы ұғымдарының қысқаша атауы.*

**Архей эрасы**. геол. *Жер тарихының ең ескі заманы.*

**АРХЕО...** [грек. archaios] *Мағынасы бойынша «ежелгі» дегенді білдіретін күрделі сөздің бірінші сыңары.*

**АРХЕОГРАФ** зат. *Археография жөніндегі маман.*

**АРХЕОГРАФИЯ** [грек. archaios – ежелгі, grapho – жазамын] зат. *Тарихи актілер мен құжаттарды, қолжазба деректерді жинаудың, сипаттаудың және жариялаудың теориясы мен тәжірибесі жөніндегі ғылым саласы.*

**АРХЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Археографияға қатысты, соған тән.*

**АРХЕОЗОЙ** зат. геол. *Жер тарихының бір дәуірі.*

**АРХЕОЛОГ** зат. *Археология ғылымының маманы.*

**АРХЕОЛОГИЯ** [грек. archaios – ежелгі, logos – ілім] зат. *Көне заманнан, орта ғасырдан қалған ескерткіштерді зерттейтін тарих ғылымының саласы.*

**АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Археология ғылымына тән, қатысты.*

**Археологиялық барлау**. археол. *Тарихи, көне ескерткіштерді зерттеу орнын табу, ғылыми тұрғыда тіркеу.* **Археологиялық ескерткіштер**. *Археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған материалдық ескерткіштердің жиынтық атауы.* **Археологиялық карта.** археол. *Белгілі бір ауданның көлемінде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталған көне елді мекендерді, археологиялық ескерткіштерді көрсетіп беретін карта.* **Археологиялық карта**. *Белгілі бір аймақтағы археологиялық, мәдени, ғұрыптық т.б. ескерткіштердің орналасуына, пайда болған дәуіріне, архитектуралық ерекшеліктеріне жан-жақты ғылыми сипаттама беретін арнаулы жинақ.* **Археологиялық қазба.** *Көне заманнан қалған бұйымдарды (заттарды) табу мақсатында қазылған қазба жұмысы.* **Археологиялық қазба жұмыстары**. *Тарихи көне ескерткіш, елді мекен орны табылған жерде археологиялық барлау жұмысын жүргізу ісі.* **Археологиялық мәдениет**. *Бір уақытқа жататын, жергілікті*

*өзгешеліктермен ерекшеленетін және белгілі бір аймақта шоғырланған археологиялық ескерткіштерді атау үшін пайдаланылатын ұғым.* **Археологиялық мерзімдеу**. *Зерттеліп отырған кезеңнің, оқиға мен ескерткіштердің уақытын, өзара хронологиялық арақатынасын белгілеу.* **Археологиялық мұражай**. *Археологиялық қазба нәтижесінде табылған көне заман мұраларын сақтап, зерттейтін мәдени мекеме.*

**АРХЕОПТЕРИКС** [лат. archaeopteryx] зат. зоол. *Ертеде тіршілік еткен кесірткe құйрықты құстардың туысы.*

**АРХЕТИП** [грек, arche – бастау, typos – бейне] зат. **1.** филос. *Алғашқы үлгі, түпнұсқа.* **2.** лингв. *Әр түрлі тілдерге тиесілі реалды фактілерді салыстырудың негізінде қалпына келтірілген алғашқы тілдік форма.*

**АРХИВ** [лат. archivum] зат. **1.** ***Мұрағат*** *(тарихи маңызы бар ескірген графикалық және жазба ескерткіштер жүйеленіп сақталатын ғылыми-анықтамалық арнаулы мекеме).* **2.** *Жеке бөлімге, жеке адамға, әлеуметтік-қоғамдық іске қатысы бар қолжазба, суреттер, құжат.*

**АРХИВТАНУ** зат. *Архивтерге байланысты білімдердің кешенді жиынтығы.*

**АРХИВТЕУ** [ағыл. archiving] зат. инф. *Диск кеңістігінде файлдың алатын орнын азайту үшін ондағы мәліметтерді, файлдар тобын архивтеуші программалар көмегімен тығыздау әрекеті.*

**АРХИВТЕУШІ: архивтеуші программа.** инф. *Файлдарды архивтеу үшін оның көлемін кішірейтіп, тығыздауды орындайтын программа.*

**АРХИВТІК** сын. *Архивте бар, архивтегі.*

**АРХИЕПИСКОП** зат. діни. *Бірнеше епархияның үстінен қараған епископ, епископтың құрметті дәрежесі.*

**АРХИЕРЕЙ** [грек. archiereus] зат. діни. *Православие шіркеуінің басқару жүйесіндегі ең жоғары лауазымды діни қызметкерлердің (епископ, архиепископ, митрополит, патриарх) жалпы атауы.*

**АРХИЕРЕЙЛІК** сын. *Архиерейге қатысты.*

**АРХИМАНДРИТ** [грек. archimandrites] зат. діни. *Православ шіркеуінде еркектер монастырындағы священник-монахтың жоғарғы атағы.*

**АРХИПЕЛАГ** [грек. arche – бастау, pelagos – теңіз] зат. геогр. ***Топарал*** *(біріне-бірі жақын, жалғас орналасқа аралдар тобы).*

**АРХИТЕВТИС** [лат. architeuthis] зат. зоол. *Он аяқты басаяқты моллюскілер отрядына жататын, жұмсақ денелілер арасындағы ең ірі жыртқыш кальмарлар.*

**АРХИТЕКТОНИКА** [грек. architektonike] зат. өнер. **1**. *Өнер мен архитектуралық шығармаларда бөлшектердің өзара қиысуы, бір бүтін көркемдік құрылысы; композиция.* **2**. геол. *Жер қыртысының құрамын зерттейтін геология ғылымының бір саласы.*

**АРХИТЕКТОР** [грек. architekton] зат. *Архитектурадан маманданған адам, сәулетші.*

**АРХИТЕКТУРА** [лат. architectura] зат. **1**. *Құрылысты жобалап, салып, оған көркемдік бейне беретін сәулет өнері.* **2**. *Құрылыстағы бағыт; құрылыс сипаты, стилі.*

**АРХИТЕКТУРАЛЫҚ** сын. *Архитектураға жататын, соған тән.*

**Архитектуралық ансамбль**. *Көркемдігі, әсемдігі, сәулетшілік стилі қоршаған ортамен, маңайындағы бірнеше құрылыспен (тұрғын үйлер, театр, зауыт т.б.), табиғи кеңістікпен жарасымды тұтастық тапқан ғимараттар тобы.*

**АРХИТРАВ** [грек. archi – басты, негізгі, лат. trabs – арқалық] зат. сәулет. *Ордерлік жүйе-дегі үстың капителінің үстіне көлбеу орналасатын мәтке, антаблименттің төменгі бөлімі.*

**АРХИЯ** [грек. archi] зат. қоғ. *Қоғамды басқару билігінің түрі.*

**АРХОЗАВРЛАР** [лат. archosauria] зат. зоол. *Бауырымен жорғалаушылар класының қолтырауындар, динозаврлар, ұшқыш кесірткелер жататын тобы.*

**АРШ** зат. діни. *Алла тағаланың жаратқан ең үлкен жаратылысы. Жеті қабат көктердің және күрсінің үстінде болып, халқ (материя) әлемінің соңы, әмір (материясыз) әлемінің басы.*

**АРША**[1] зат. өс. <лат. juniperus> **1.** *Кипарис тұқымдасына жататын, сабақтары бұйраланған бүршікті, хош иісті, ақ, қызғылт түсті, мәңгі жасыл ағаш.* **2**. этн. *Шыбын, шіркейді қондырмайтын қасиетіне байланысты шөміш, қасық, күбі сияқты тұрмыстық заттарды жасайтын кәделік ағаш.*

**Арша бұлауға салды.** *Аршаның буына салып емдеді.* **Арша еменқұмсығы**. зоол. <лат. mycerobascarnipes> *Торғай тәріздiлер отрядына жататын шағын құс.* **Арша жазу**. *Таңбалары арша ағашы бейнелес әріп жазуы.* **Арша түтету.** а) этн. *Тас өкпемен ауырған малды емдейтін халық емі.* ә) миф. *Үй іші, тұтынған заттарды тіл-көз, бәле-жаладан сақтау, аластау үшін аршаны түтетіп, түтінімен аластау үшін жасалатын наным-сенім, ырым.*

**АРША**[2] зат. жерг. *Сандық, кебеже.*

**АРШАГҮЛ** зат. өс. *Гүлі аршаның бүршігіне ұқсас гүлді өсімдік.*

**АРШАДАЙ** сын. *Арша тәрізді, арша сияқты.*

**АРШАЛА**= ет. *Аз-аздап бөліп беру.*

**АРШАЛАН: арқа еті аршаланды**. *Арса-арса болды, жүдеді.*

**АРШАЛЫ** сын. *Аршасы мол, аршасы көп өскен.*

**АРШАЛЫҚ** зат. бот. *Негізінен аршалардан және ағаш тәрізді арша түрлерінен тұратын ксерофитті сирек ормандар.*

**АРША-ПАРША** сын. *Дал-дұл, пәре-пәре.*

**АРШАШЫЛ: аршашыл құнақ**. зоол. <лат.leucosticte nemoricola> *Торғайлар отрядының құнақ тұқымдасына жататын сайрауық құс.*

**АРШОПКЕ** зат. көне. *Кездеме өлшемі, мөлшері.*

**АРШУ** *Аршы етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Тазарту.* **2**. *Қазу.*

**АРШУЛЛАҺ** зат. діни. ***Арш.***

**АРШУЛЫ** сын. *Аршылған, тазартылған.*

**АРШЫ**[1]= ет. **1**. *Бір заттың қабығын сыдыру, жалаңаштау.* **2**. *Бөліп алу, тазасын бөлу.* **3**. *Тазарту, көзін ашу.* **4**. *Сейілту, арылту.* **5** ауыс. *Қопару, қайта қозғау.* **6**. ауыс. *Айыру, ақтау.* **7**. ауыс. *Көрсету.* **8**. *Жөндеу, түзеу.*

**Аршыған жауқазындай.** *Кіршіксіз таза, аппақ.* **Аршыған жұмыртқадай.** *Аппақ, тап-таза.*

**АРШЫ**[2]= ет. жерг. *Ашыту.*

**АРШЫҒЫШТА**= ет. *Қайта-қайта аршу, тазарту.*

**АРШЫЛ** сын. *Ар-ұятын сақтағыш, намысқор.*

**АРШЫЛ**= ет. **1**. *Қабығы сыдырылу, жалаңашталу.* **2**. *Тазартылу, тазалану, ашылу.* **3**. *Анық шығу, ерекшелену.* **4**. ауыс. *Ашылу, босау.* **5**. ауыс. *Көңілі, көкірегі тазару.* **6**. ауыс. *Мінезі ашылу, өзін көрсету.* **7**. ауыс. *Ақталу.*

**АРШЫЛАН** зат. ескікіт. ***Арыстан.***

**АРШЫЛЫМ** зат. геол. *Жер қойнауында орналасқан кен көздерін көмкеріп жататын, кенді ашық қазып алу барысында алынып тасталатын пайдасыз таужыныстар жиынтығы.*

**АРШЫМА: аршыма жыныстар [таужыныстар]**. геол. *Кен орнын ашық әдіспен қазғанда бет жағында жатқан кен тастар.*

**АРШЫН**[1] зат. **1**. *0,71 метрге тең ұзындық өлшемі, кез.* **2**. жерг. *Адым, ұзына бойы.*

**Аршын бойлы**. *Орта бойлы, дембелше.*

**АРШЫН**[2] зат. *Екпін, қарқын.*

**Аршын аяң**. *Аттың қарқынды, екпінді жүрісі.*

**АРШЫН**[3] зат. өс. *Саңырауқұлақтың бір түрі.*

**АРШЫН**[4] сын. *Кең, ашық кеуделі.*

**Аршын төс.** поэт. *Бәден-бітімі келісті, әдемі төс (көбінесе әйелдерге, қыздарға қатысты айтылады).*

**АРШЫНБАР** зат. көне. *Сырт киімге пайдаланылатын қалың мата, бұл.*

**АРШЫНДА**= ет. **1**. *Бір заттың көлемін аршынмен өлшеу, мөлшерлеу.* **2**. ауыс. *Адымдай басу, аяғын кең басу.* **3**. ауыс. *Екпіндеу, шарықтау, қарыштау.* **4**. *Өрлеу, алға басу.* **5**. *Жүру, жүріп өту, қиналмай шабу.*

**АРШЫНДАЙ** сын. *Бойы ұзын, сұңғақ.*

**АРШЫНДАТ**= ет. *Екпіндету, күшейту.*

**АРШЫНДАУ** *Аршында етістігінің қимыл атауы; екпіндете адымдау.*

**АРШЫНДЫ** сын. **1**. *Кең, адымы үлкен.* **2**. ауыс. *Қарқынды, пәрменді, екпінді.* **3.** ауыс. *Алымды, пәрменді.*

**Аршынды аяқ.** *Аттың қарқынды, екпінді жүрісі.*

**АРШЫС**= ет. *Бірлесіп тазарту, тазаласу.*

**АРШЫТ**= ет. *Тазарту.*

**АРЫ** үст. сөйл. **1**. ***Әрі*** *(сол, белгілі жерден кейін, тұрған жерден алшақтық).* **2**. *Әрі қарай, бұдан кейін.* **3**. *Басқа жақта, алысырақта.* **4**. *Бір нәрсенің басы, басталуында, түп-төркіні.*

**Ары бақты**. *Керісінше істеді, керісінше сөйледі.* **Ары итеріп [тарт], бері жықты [жұлқыды].** а) *Әбден сілкіледі, ту-талақайын шығарды, ит-сілікпесін шығарды.* ә) *Келемеж қылды, мазақтады.* **Ары кетсе...** сөйл. *Көп дегенде... шамамен.* **Ары қарай.** сөйл. *Одан ары, бұдан ары.* **Ары ойлап, бері ойлады.** сөйл. *Ойланып-толғанды, әбден ойластырды.* **Ары өткен, бері өткен.** *Арлы-берi жүрген, қасынан өткен.* **Ары сөйлесіп, бері сөйлесіп.** *Кеңесе-кеңесе, сөйлесе-сөйлесе келіп, келісім жүргізу.* **Ары тарт, бері тарт.** *Ортақ мәмілеге келе алмай, жан-жаққа, бірі былай, бірі олай тартты.*

**АРЫ**= ет. **1**. *Жүдеп-жадау, арықтау.* **2**. *Құнарсыздану, майсыздану.* **3**. *Шаршап-шалдығу.* **4.** ауыс. *Бағасы кему, құлдырау.*

**АРЫ-БЕРІ** үст. сөйл. ***Әрі-бері***. **1.** *Олайбылай, ерсілі-қарсылы.* **2**. *Біраз, бірсыпыра.* **3**. *Беймаза, тынышсыз, тынымсыз; не істерін білмей.*

**АРЫЗ** ар. зат. **1**. *Мұң-мұқтаж, тілек.* **2**. *Арыз сөз, өкпе сөз.* **3**. ресми. *Мекеме, ұйым мен оның жеке қызметкерлері немесе жеке азамат пен қоғамдық ұйымдар арасындағы ресми қатынасты реттейтін өтініш, сұрау, талап мазмұнындағы құжат.* **4**. сөйл. *Өтініш.* **5**. *Жеке адамның ресми түрде жазған шағымы.* **6**. жағымсыз. *Біреудің үстінен қаралап, пәле жауып жазылған құжат.*

**Арыз айтты [қылды, етті, жазды].** а) *Өтініш жасады, өкпе сөз айтты, жағдайын айтты, көмек сұрады.* ә) *Шағымданды.* **Арыз берді.** *Ресми түрде жазбаша шағым, өтініш не мәлімдеме берді.* **Арыз беруші.** құқық. *Шағымданушы, өтініш, талап айтушы.* **Арыз жауды.** *Арыз*

*үсті-үстіне түсті.* **Арыз жаудырды.** *Үстін-үстін шағым жазды.* **Арыз сызылды.** *Шағым жөнелтілді, арыз жіберілді.* **Арыз түсті.** заң. *Біреудің үстінен жағымсыз сипатта жазылған, ресми рәсімделген шағым мекемеге тіркелді.* **Арызы жетті [өтті].** *Айтқаны болды, сөзі өтті; тілегі орындалды.* **Арызым бар [көп].** а) *Тілегі бар.* ә) *Сөзі, назы бар.*

**АРЫЗ-АРМАН** зат. *Тілек, қалау, өтініш.*

**АРЫЗДАН**= ет. *Шағым түсіру, арыз айтып, қуыну.*

**АРЫЗДАНУ** *Арыздан етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫЗДАС**= ет. **1**. *Наразылық білдіріп, бірінің үстінен бірі шағым айту.* **2**. ауыс. *Адамның өлер алдындағы ел-жұртпен қоштасуы, бақұлдасуы.* **3**. *Әңгімелесу, сыр ақтару.* **4**. *Жақсы тілекпен қоштасу.*

**АРЫЗДАСТЫР**= ет. *Тілдестіру, кездестіру, қоштастыру, бақылдастыру.*

**АРЫЗДАСТЫРУ** *Арыздастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫЗДАСУ** зат. әдеб. *Адамның туған елмен, жермен қоштасу, өлім аузындағы адамның жақындарымен бақұлдасу сипатында шығарылатын тұрмыс-салт өлең-жырларының бір түрі.*

**АРЫЗДАСУ** *Арыздас етістігінің қимыл атауы; бақұлдасу, қоштасу.*

**АРЫЗКЕШ** сын. сөйл. ***Арызқой.***

**АРЫЗҚОЙ** сын. *Арыз жазғыш, арызқұмар, шағым айтқыш.*

**АРЫЗҚОЙЛЫҚ** зат. *Арызқұмарлық, арыз жазғыштық.*

**АРЫЗҚОР** сын. сөйл. *Арызқой, пәле салғыш, жалақор.*

**АРЫЗҚҰМАР** сын. ***Арызқой***.

**АРЫЗ-МАРЫЗ** зат. сөйл. *Андай-мұндай шағым сөз, арыз сияқты бірдеме.*

**АРЫЗ-МҰҢ** зат. *Мұң-мұқтаж, тілек.*

**АРЫЗ-НАМА** зат. *Жазылған арыз, хат.*

**АРЫЗСЫЗ** сын. сөйл. *Жаласыз, шағымсыз, арыз айтпай.*

**АРЫЗ-ШАҒЫМ** зат. **1**. *Наразылық, шағым.* **2.** *Сот шешімін қайта қарауға өтініш.*

**Арыз-шағымдарды қарау.** *Белгілі бір мекемеге келіп түскен арыз, өтініш, т.с.с. құжаттармен танысып, қойылған мәселелерді шешуді ойластыру.*

**АРЫЗШЫ** зат. **1**. *Шағым айтушы, зәбірленуші; даугер.* **2**. жағымсыз. *Арыз жазғыш, шағым айтқыш (адам).* **3**. *Арыз беруші, шағым жазушы адам.*

**АРЫЗШЫЛ** сын. **1**. *Арыз жазғыш, шағынғыш.* **2**. *Арыз айтқыш, біреудің үстінен шағымдана беретін; жылауық.*

**АРЫЗШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Арызқойлық***.

**АРЫҚ**[1] зат. *Суландыру жүйесіндегі өзен арнасынан не бөгеннен тартылған су жолы.*

**АРЫҚ**[2] сын. **1**. *Семіз емес, еті қашқан, жүдеу.* **2**. *Көк бақа, майсыз, жасық.* **3**. ауыс. *Жоқ-жітік, жұпыны, жарлы-жақыбай, кедей. // Арықтық, кедейлік, жүдеулік, азып-тозушылық.* **4**. ауыс. *Өнім бермейтін, құнарсыз.* **5**. ауыс. *Тар, аз.*

**Арық айтып, семіз шықты.** *Кем айтып, асыра, артық істеді.* **Арық ат**. *Күйі нашар ат.* **Арық қойдан бағасы кейін.** *Қадірі жоқ, беделі төмен.*

**АРЫҚ-АРНА** зат. *Тегіс емес жер, ой -шұңқыр, шұқанақ, жырашық.*

**АРЫҚ-АТЫЗ** зат. **1**. *Ойдым-ойдым жер, арық-арна.* **2.** сушар. *Арық, арна тәрізді суландыру жүйесі.*

**АРЫҚ-АШ** сын. сөйл. ***Аш-арық***.

**АРЫҚЖАЛБЫЗ** зат. өс. <лат. menthalongifolia> *Жалбыз тұқымдасына жататын, тамыр сабақты, жапырақтары сағақсыз, қандауыр тәрізді көпжылдық өсімдік.*

**АРЫҚ-СЕМІЗ** сын. *Не арық, не семіз; не жүдеу, не толық күй.*

**АРЫҚСЫЗ**[1] сын. сөйл. **1**. *Арық қазылмаған, арығы жоқ.* **2**. *Арықтың қатысынсыз.*

**АРЫҚСЫЗ**[2] сын. сөйл. *Арық болмай, арық болмаса.*

**АРЫҚСЫН**= ет. *Семіз емес деп санау, арық деп қомсыну.*

**АРЫҚСЫНУ** *Арықсын етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫҚТА**[1]= ет. *Арық қазу, арық тарту.*

**АРЫҚТА**[2]= ет. **1**. *Қоңынан айрылу, жүдеп, азу.* **2**. мед. *Аурудың, ұзақ уақыт науқастанудың салдарынан немесе арнайы ем-дом үстінің арқасында ағзаның әлсіреп, бұлшық еттерінің азайып, жүдеуі, азуы.*

**АРЫҚТАЙ**[1] сын. сөйл. *Су ағатын арық тәрізді.*

**АРЫҚТАЙ**[2] сын. сөйл. *Арық сияқты, еті қашқан жүдеу тәрізді. // Арық күйінде, қоңсыз қалпында.*

**АРЫҚТАТ**= ет. *Жүдету, салмағын азайтыру.*

**АРЫҚТАТУ** *Арықтат етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫҚТАУ**[1] сын. *Арықша, жүдеулеу, ашаңдау, онша арық емес.* **2**. ауыс. *Нашарлау, көңілдегідей емес.*

**АРЫҚТАУ**[2] *Арықта етістігінің қимыл атауы; жүдеу.*

**АРЫҚ-ТҰРА** сын. *Сыриған арық.*

**АРЫҚ-ТҰРАҚ** сын. **1**. *Арып-ашқан, жаман-жәутік, көтерем. // Арыған мал.* **2**. ауыс. *Кем-кетік, жарлы-жақыбай, кедей.*

**АРЫҚ-ТҰРАҚТАЙ** сын. *Арық-тұрақ, кем-кетік, жарлы-жақыбай тәрізді.*

**АРЫҚ-ТҰРАҚТАУ** сын. сөйл. *Жүдеулеу, ашаңдау, арықтау.*

**АРЫҚ-ТҰРАҚТЫ** сын. *Арық-тұрағы бар.*

**АРЫҚ-ТҰРЫҚ** сын. сөйл. ***Арық-тұрақ***.

**АРЫҚТЫҚ** зат. *Арып-ашығандық, жүдеулік; семіз еместік.*

**АРЫҚША**[1] зат. *Кішірек арық.*

**АРЫҚША**[2] сын. *Жүдеулеу, ашаңырақ.*

**АРЫҚШАЛАУ** сын. *Арықша келген.*

**АРЫЛ**= ет. **1**. *Етінен айырылып арықтау.* **2**. ауыс. *Құтылу, босану.* **3**. *Ажырап шығу, тазару.* **4**. ауыс. *Іштей тазару.* **5**. ауыс. *Ақталу; өз басын арашалау.* **6**. *Болымсыз тұлғада тұрып, үзілмеу, таусылмау деген мағынаны білдіреді.*

**АРЫЛ** зат. *Ит, азулы аңдардың айбат шегіп, ар-ар еткен қатты дауысы.*

**АРЫЛДА**= ет. **1**. *Хайуанаттардың, азулы аңдардың айбат шегіп, қатты ырылдауы, ар-ар етуі.* **2**. *Дарылдау, барылдау, бар-бар ету, гүрілдеу.* **3**. *Бажылдау, ойбайлау.* **4**. *Айқайлау, дарырғысу.* **5**. ауыс. жерг. *Арындау.*

**АРЫЛДАП-ГҮРІЛДЕ**= ет. *Арылдаған, гүр-гүр еткен дыбыс шығару.*

**АРЫЛДАП-ГҮРІЛДЕУ** *Арылдап-гүрілде етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫЛДАС**= ет. **1**. *Ырылдасу.* **2**. ауыс. *Ұрысу, айқайласу.*

**АРЫЛДАСЫП-ШАРЫЛДАС**= ет. *Айқайласу, бір-біріне жаман сөздер айту, ұрсысу.*

**АРЫЛДАТ**= ет. **1**. *Ар-ар еткізу.* **2**. *Дарылдаған дыбыс шығарту, дарылдату.*

**АРЫЛДАУ** *Арылда етістігінің қимыл атауы; ар-ар еткен дыбыс, шу шығару.*

**АРЫЛДАУЫҚ** сын. *Бар-бар ететін, шуы қатты.*

**АРЫЛДЫР**= ет. *Бір нәрседен айыру, ажырату, тазарту.*

**АРЫЛТ**= ет. **1**. *Тазарту.* **2.** *Ажыратып, бөліп алу.* **3.** *Босату.* **4**. *Үзу, тастау.* **5**. мат. *Айыру.* **6**. ауыс. *Айықтыру, сергілту.* **7**. *Аластау, жазу, емдеу.*

**АРЫЛТУ** *Арылт етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ажырату, айырту.* **2**. *Босату.* **3**. ауыс. *Жағымсыз қасиеттерден тазарту.*

**АРЫЛУ** *Арыл етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Артық салмақтан құтылу, жүдеу.* **2**. *Құтылу, босану.* **3**. *Кеселден тазару, емделу.* **4**. *Жаман әдеттен тазару.* **5**. ауыс. діни. *Күнәдан, жамандықтан тазару.*

**АРЫЛЫ-БЕРЛІ** үст. сөйл. ***Әрлі-берлі***.

**АРЫМАЙ-ТАЛМАЙ** үст. *Қажымай-талмай, шаршап-шалдықпай.*

**АРЫН** зат. **1**. *Адамның әрекет-қозғалысының қарқыны, екпіні.* **2**. *Аттың екпіндете шабысы.* **3**. *Судың қатты ағыны.* **4**. *Желдің екпіні, мәшиненің қарқыны т.б.* **5**. ауыс. *Адамның ішкі жан дүниесінің тегеурінi.* **6**. ауыс. *Екпін, қуат, адуындық.* **7**. *Өркөкіректік, менмендік.*

**Арыны басылды.** а) *Қарқыны қайтты, бәсеңсіді.* ә) *Беті қайтты, тауы шағылды.* **Арыны қатты**. а) *Таудан бастау алған өзен ағысы т.б.* ә) ауыс. *Екпінді, қарқынды (күш).*

**АРЫНДА**= ет. **1**. *Аттың ауыздықпен алысып, қарқындай шабуы.* **2.** *Судың арнасынан шығып қатты толқуы, тасуы.* **3**. *Табиғат құбылыстары (боран, жел т.б.), мәшине т.б. қозғалыстарының күшеюі.* **4.** *Бар пәрменімен, жан-тәнімен ұмтылу.* **5**. ауыс. *Екпіндеу, алып-ұшу.* **6**. ауыс. *Ішкі көңіл-күйдің асып-тасуы, буырқануы.* **7.** ауыс. *Ырқына көнбеу, бой бермеу.*

**АРЫНДАЛ**= ет. *Күшейтілу, екпінделу.*

**АРЫНДАН**= ет. *Күшею, қарқындау.*

**АРЫНДАС**= ет. *Бір-біріне күш көрсету, ұрсысу.*

**АРЫНДАТ**= ет. **1**. *Екпінді, қарқынды, қатты қозғалу.* **2**. ауыс. *Аспандату, шалқыту, құйқылжыту.*

**АРЫНДАУ** *Арында етістігінің қимыл атауы.*

**АРЫНДАУЫҚ** сын. **1**. *Арыны күшті, арындағыш, арыншыл.* **2**. ауыс. *Өркөкірек, қыңыр.*

**АРЫНДАУЫҚТЫҚ** зат. *Өркөкіректік, қыңырлық.*

**АРЫНДЫ** сын. **1**. *Арыны күшті, арыншыл, арындауық, тегеурінді (ат).* **2**. *Мықты, азулы (адам, жігіт т.б.).* **3**. *Тасқыны күшті, ағыны күшті (өзен).* **4**. *Шабысы, желісі күшті.* **5.** *Екпінді (жел).* **6**. *Асқақ, шарықтаған, жалынды (ән, жыр).* **7**. ауыс. *Асқақ, жалынды (көңіл күй).* **8**. ауыс. *Екпінді, арналы (ой).*

**Арынды су.** *Қысымы атмосфералық қысымнан жоғары болатын жерасты суы.*

**АРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Арыны қаттылық, қарқындылық, екпінділік.*

**АРЫНСЫЗ** сын. *Арыны жоқ, арынды емес.*

**АРЫНШЫЛ** сын. сөйл. *Арынды, арындаған, арыны күшті, арындап сөйлейтін.*

**АРЫНЫП-АШЫН**= ет. *Жүдеп-жадау, шаршап-шалдығу, ашығу.*

**АРЫП-АЗ**= ет. *Арып-ашу, жадап-жүдеу, қалжырау.*

**АРЫП-АРШЫ**= ет. *Шаршап-шалдығу, өліп- талу.*

**АРЫП-АШ**= ет. *Азып-тозу, жадап-жүдеу, шаршап-шалдығу.*

**АРЫП-ТАЛ**= ет. *Азып-тозу, қиналу, шаршап-шалдығу.*

**АРЫП-ТОЗ**= ет. *Жүдеп-жадау, тоз-тоз болу.*

**АРЫП-ШАРША**= ет. *Жүдеп-жадау, қажу.*

**АРЫРАҚ** үст. сөйл. 1. *Ары таман, әрменірек.* 2. ауыс. *Әріден, алыстан, тереңнен.*

**АРЫС**[1] зат. *Арба-шананың көлік жегетін қос жетегі, тәртесі.*

**АРЫС**[2] зат. 1. *Ер адам, азамат.* 2. *Елжұртқа көшбасшы, ұйытқы, көсем адам.* **3.** ауыс. *Бір елдің немесе бір шаңырақтың тұтқасы, қадірлі адамы. // Үлкен, зор, мықты.*

**Арыс тұлға [кеуде].** *Ірі, мықты тұлға.*

**АРЫС**[3] зат. көне. 1. *Рулық жүйеде бір тайпаны құрайтын аталар.* 2. тар. көне. *Тайпалық одақты құрайтын өзара жақын рулар бірлестігі.*

**Арысқа түсті.** а) *Екі ел арасындағы даушарға араласты, айтысты.* ә) *Жарысқа түсті, бәсекелесті.*

**АРЫС**[4] зат. өс. ***Қарабидай.***

**АРЫС**[5] зат. зоол. сөйл. <лат. mustelaerminae> ***Ақкіс.***

**АРЫС**[6] зат. 1. *Үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш; бел ағаш.* 2. *Соғым етін сүрлейтін шошала үйлерге көлденең қойылатын сырғауыл, мықты жіңішке бөрене.*

**АРЫСЛАН** зат. көне. ***Арыстан.***

**АРЫСЛАНДАЙ** сын. көне. *Арыстан сияқты.*

**АРЫСТА**= ет. *Емін-еркін жүру, құлашын кеңге салу.*

**АРЫСТАЙ** сын. 1. *Үлкен, алпауыттай.* 2. *Ірі, ортан қолдай, дырдай.* 3. ауыс. *Қамқоры мол, қадірлі (азамат).*

**АРЫСТАН**[1] зат. зоол. <лат. pantheraleo> 1. *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң.* 2. ауыс. *Азулы, тегеуріні күшті адам.* 3. ауыс. *Ержүрек, қайтпас қайсар адам; батыр.* 4. ауыс. *Қылшылдаған, нағыз бабындағы жігіттің сұлтаны, төресі.*

**Арыстан жал [жалды].** *Арыстанның жалындай, қырлы, тікше.* **Арыстан жүректі.** *Ержүрек, батыл, тайсалмайтын.* **Арыстанның аузында, түрікпеннің [шыңыраудың] түбінде.** *Бір нәрсені қолға түсірудің, іске асырудың қиындығын білдіреді.* **Арыстан төс [кеуде].** *Үлкен төсті, зор денелі, кеуделі.* **Арыстан туған.** *Ержүрек, қайтпас, қайсар.*

**АРЫСТАН**[2] зат. астр. <лат. leo> *Ел арасында Қамбар жұлдызы деп аталатын эклиптикадағы он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.*

**АРЫСТАНАРАНЫ** зат. өс. сөйл. ***Есінек.***

**АРЫСТАНАУЫЗ** зат. өс. сөйл. ***Есінек.***

**АРЫСТАНДАЙ** сын. 1. *Арыстан тәрізді, арыстан сияқты.* 2. ауыс. *Айбатты, зәрлі, қаһарлы.*

**Арыстандай азулы.** *Айбарлы, тегеуірінді.* **Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты.** поэт. *Аса қаһарлы, жойқын күшті, айбарлы.* **Арыстандай ақырды.** *Айбат шекті, қаһарын төкті.* **Арыстандай құтырды.** *Аласұрды, жанын жеді.*

**АРЫСТАНҚҰЙРЫҚ** зат. өс. сөйл. <лат. leonurus glaucescens> *Жасыл сасықшөп.*

**АРЫСТАНСЫ**= ет. *Арыстанға ұқсағансу.*

**АРЫСТАНТАБАН** зат. өс. *Еңлікгүлдің бір түрі.*

**АРЫСТАНША** үст. 1. *Арыстан сияқты, арыстанға ұқсап.* 2. ауыс. *Қорықпастан, тайсалмастан.* 3. ауыс. *Ашулы, айбат шеккен күйде.*

**АРЫСТАНШЫЛА**= ет. *Әлі жетпеске ұмтылу, тырысу.*

**АРЫСТЫ** сын. *Арысы бар, арыс тіркелген.*

**АРЫТ**= ет. 1. *Шаршату, қалжырату.* 2. *Жүдету, арықтату.*

**АРЫТҚЫШ** зат. хим. *Кептіру және өртеу кезінде қыштың отыруын күшейтетін қыштық масса құрауышы.*

**АРЫШ** зат. өс. <лат. camelia> *Дәндерінен техникалық май алынатын, крестгүлділер туысына жататын, гүлдері сары біржылдық шөптесін өсімдік.*

**АРЫШТА**= ет. жерг. ***Адымда.***

**АРЬЕРГАРД** [франц. arriere – тылдық, garde – күзет] зат. әск. *Майданнан тылға қарай келе жатқан немесе кейін шегінген әскерлерді қорғау үшін белгіленген әскери құрама, бөлім немесе бөлімше.*

**АРЬЕРГАРДТЫҚ** сын. *Арьергардқа қатысты, соған тән.*

**АС**[1] [ир. آش] зат. 1. *Адам баласының қоректік заты, тағамы; ішіп-жем, тамақ.* 2. көне. этн. *Қадірлі, атақты адамның қайтыс болғанына бір жыл немесе бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап өткізілетін ұлан-асыр той; ас та төк ұлы жиын.*

**Ас ауыз тиді.** *Дәм татты, азғана тамақ ішті, құр ауыз кетпеді.* **Ас аш өзегіне түсті.** *Аш болған адамның шамадан тыс жеген тамақтан талықсуы.* **Ас [бойына] батпады.** а) *Тамаққа зауқы болмады, тәбеті тартпады, тамақ сіңіре алмады.* ә) *Көңілі қатты алаңдап, ешнәрсеге зауқы соқпады.* **Ас бергенін той деді.** *Жаманды жақсы деді, озбырлығын қайырымдылық қылып көрсетті.* **Ас берді.** этн. *Қадірлі, атақты адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң, я болмаса бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап, той өткізді.* **Ас беру.** этн. *Елжұртқа қадірлі адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң, я болмаса бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап, сауын айтып, мол жиынға тамақ беріп, ат бәйгесі, палуан күрес, жамбы ату, айтыс т.б. қызық көрсетіп, ұлан асыр той өткізу.* **Ас болды.** а) *Ішкен-жегені бойға жұқты, тамақ болды.* ә) *Жеуге жарамды.* **Ас болсын.** тілек. *Жегенің бойға сіңсін.* **Ас бөлме.** *Асүй, ас даярлайтын, ас ішетін бөлме.* **Ас емес шайдан бұрын сары қымыз.** бейн. оқказ. *Маңызы, бағасы, құны төмендер беделді, шын асылдардан жоғары болып кетті деген мағынада.* **Ас жетті.** жерг. *Ас ішіп болып, ас қайыруды, бата етуді сұрады.* **Ас жүрмеді [өтпеді].** *Қиналды, тамақ жей алмады.* **Ас қайырды.** этн. *Тамақтан соң екі алақанын жайып дастарқанға бата беріп, алғыс айтып, бетін сипады [Қазақ дәстүрі бойынша, үлкен ас келгенде немесе ас ішіліп болған соң дастарқан басына жиналғандардың ішіндегі жасы үлкен ер адам немесе сыйлы, елге құрметті беделді адам алақан жайып дұға қылып дастарқанға, асқа жиналғандарға, дастарқан иесіне бата-тілек айтып бет сипайды].* **Ас қайыру батасы.** этн. *Үй иесіне ілтипат көрсету, дәм-тұзды құрметтеу нышаны ретіндегі дастарқан иесіне, сол үйдің шаңырағына жақсы тілек білдіру рәсімі.* **Асқа қарады.** а) *Аурудан айығып, бірте-бірте тамақ іше бастады.* ә) *Нәресте емшектен ерте шығып, тамақ ішті.* **Асқа қарамады.** *Ештеңе ішпей, құр аттанды, дәм-тұз татпады.* **Ас қызылшасы.** өс. <лат. beta vulgaris> *Тамаққа пайдаланылатын екіжылдық көкөніс дақылы.* **Ас пісірім.** этн. *Екі-үш сағаттай уақыт аралығын білдіретін халықтық өлшем.* **Ас сода.** хим. *Қышқылтым дәмі бар, иіссіз, ақ түсті кристалды ұнтақ; натрий бикарбонаты.* **Астан қалды [шықты].** *Уайым-қайғыдан, не науқас меңдеп асқа тәбеті болмады.* **Ас тұзы.** *Күнделікті тағамға, ас-суға пайдаланылатын тұздың түрі.* **Ас ұрсын!** қарғ. *Адал астың киесі атсын, обалы тисін.* **Ас ұстау.** *Ас-суды басқару, ие болу.* **Ас үстінде.** *Ас ішіп отырған кезде.* **Ас шығынын көтерді.** *Өлген кісінің асына керек сойыс пен бар қаражатын мойнына алды.* **Асын ішіп, аяғын тепті [туырлығын, текеметін тілді].** *Жақсылыққа жамандық іс істеді, адал асын ішіп, қастандық қылды.* **Асына қылшық тұрмады.** *Шаң жуытпады, кір келтірмеді.* **Ас ішіп, аяқ босатар.** *Еңбек сүймейтін арам тамақ, жатып ішер.*

**АС**[2] зат. сөйл. ***Асты*** *(көмекші есім).*

**АС**[1]= ет. *Тамақ пісіру, әзірлеу.*

**АС**[2]= ет. 1. *Мойынға, иыққа арту, жоғарыға ілу.* 2. *Бір нәрсеге іліп өлтіру.*

**АС**[3]= ет. 1. *Бір жерден екінші жерге қарай өту, тауды, белесті басып әрі өрлеу.* 2. *Белгілі бір мөлшерлі саннан, жастан өту.* 3. *Биіктеу, ұзару, жоғары көтерілу.* 4. *Бір заттың белгілі бір нысанадан, биіктіктен жоғары өтіп кетуі.* 5. *Төгілу, артылу.* 6. *Көбею, күшею, үдеу.* 7. ауыс. *Біреуден-біреу артылу, озу, ерекшелену.* 8. ауыс. *Кеудесіне нан пісіп, асып-тасу, дандайсу.* 9. ауыс. *Шарықтау, шалқу, аспандау.* 10. ауыс. *Қиындықты жеңу, белгілі бір кезеңнен өту.*

**Аса алмады.** *Бір нәрсенің ықпалынан, біреудің айтқанынан шыға алмады, тек бағына берді.* **Асып жығылды.** *Артып кетті, артығырақ болды.* **Асып төгілді.** *Көкірек керіп, тәкаппарланды.* **Асып түсті.** *Артылып кетті, озып кетті.*

**АСА**[1] [ар. عصا] зат. миф. 1. *Диуананың, діни-мифтік аңыздардағы пайғамбарлардың қолына ұстайтын ерекше таяғы.* 2. *Ұзын таяқ.* 3. *Дәрежелі адамдар (хан, би, қажы т.б.) қолына ұстайтын таяқ.* 4. *Балгер, сопылар ұстайтын таяқ.*

**АСА**[2] сын. *Артық, астам, көп.*

**Аса жұрт.** көне. *Туысқан ел, өз жұрты.* **Аса қымбат.** а) *Ерекше бағалы, асқан құнды.* ә) *Өте қажетті, тапшы, зәру.* **Аса сілтеді.** *Шамадан тыс кетіп қалды, еркінсіп, артық кетті.*

**АСА**[3] үст. *Өте, сонша, ерекше, тым.*

**Аса бір.** экспр. *Сондай бір, ерекше, асқан деген күшейткіш мағынаны білдіретін сөзқолданыс.* **Аса жаңа жұлдыздар.** астр. *Астрономиялық есеппен алғанда кейінірек пайда болған жұлдыздар.*

**АСА**= ет. 1. *Ауызды толтыра тамақ жеу.* 2. ауыс. *Біреудің есесінен пайда табу, жем қылу.*

**Асарын асап, жасарын жасады.** *Көп жасап, дәурені өтті, көрер өмір қызығын көрді.*

**АСАБА**[1] зат. этн. *Байраққа, туға және найзаға тағылатын түсті баулар.*

**АСАБА**[2] зат. көне. *Тойды жүргізуші, басқарушы, дастарқан басшысы.*

**АСАБА**[3] сын. көне. *Оспадар, топас, ұрда- жық.*

**АСАБИЯТ** зат. *Зорлық-зомбылықпен үстемдік етушілік.*

**АСАҒЫШ** сын. *Жемқор, тойымсыз.*

**АСАДАЛ** зат. этн. *Тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже.*

**АСАЙМҰСА**[1] зат. өс. сөйл. ***Асаймұсей.***

**АСАЙМҰСА**[2] зат. көне. *Ұшына ұшкір темір орнатқан таяқ.*

**АСАЙМҮСЕЙ** зат. өс. <лат. abelia> *Биіктігі екі-үш метр болып өсетін, ұшқат тұқымдасына жататын қатты бұталы өсімдік.*

**АСАЙ-МҮСЕЙ** зат. **1**. діни. *Бақсылар тұтынған сиқырлы мүліктердің жиынтық атауы.* **2**. жерг. *Мойынға асынып не арқалап жүретін құрал-сайман, ұсақ-түйек заттар.*

**АСАЛЫ** сын. *Асасы бар, аса ұстаған.*

**АСАМ: бір асам**. *Ауыз толым тамақ.*

**АСА-МАСА=** ет. сөйл. *Асылу, асыңқырау.*

**АСАН: асан болар**. жерг. *Құп болар, қабыл болар.* **Асан қылды**. көне. *Жақсы күннің шапағатын тигізді, адам баласын ниетіне жеткізді.*

**АСАНА** санск. зат. *Йогада белгілі бір медитативті немесе терапевтік нәтижеге жету үшін қолданылатын арнаулы поза, тұла бойдың жатысы.*

**АСАНҚАЙҒЫ** зат. *Мұңға батушылық, сары уайымға салынушылық.*

**Асанқайғыға түсті [салынды].** *Уайым жеді, күдер үзіп, торықты.* **Асанқайғыңды айтпай отыршы.** *Сарыуайымыңды айта берме, қайғыға салынба.*

**АСАНҚАЙҒЫЛАН=** ет. *Сары уайымға салыну.*

**АСАНҚАЙҒЫЛАНУ** *Асанқайғылан етістігінің қимыл атауы.*

**АСАНҚАЙҒЫЛЫҚ** зат. *Сары уайымға салынушылық.*

**АСАПШЫ** зат. жерг. ***Есепші.***

**АСАР** зат. этн. *Біреудің үлкен, қауырт жұмысына көпшіліктің беретін көмегі, жәрдемі, үме.*

**Асар көбейсін**. тілек. *Қуаныш молайсын, ішіп-жемің көбейсін.* **Асар салысты**. жерг. *Көмекке келді, көмектесті.*

**АСАР-АСПАС** сын. *Бір нәрсенің деңгейімен шамалас, азғана асатын.*

**АСАРЛА=** ет. *Көп болып жиылып қауырт жұмысқа кірісу, жәрдем беру.*

**АСАРЛАТ=** ет. *Жұртты қауырт жұмысқа, жәрдем беруге шақыру, көпшілік көмегін пайдалану.*

**АСАРЛАТУ** *Асарлат етістігінің қимыл атауы.*

**АСАРШЫ** зат. *Біреудің қауырт жұмысына тегін көмек беретін жиынға қатысушы адам.*

**АСАС: құйрық-бауыр асасты**. этн. *Құда түсу дәстүріне байланысты құйрық-бауыр жегізу ырымын жасады.*

**АСАСИ** [ар. أساسي] сын. сөйл. *Негізгі, басты.*

**АСАТ** [ар. أسد] зат. көне. *Шілде айы.*

**АСАТ=** ет. **1**. *Етті, майды көпшілікке үлестіру.* **2**. ауыс. *Малға жем-шөбін беру, алдына шөп салу.*

**Асатып жіберді.** саят. *Арнайы бапталатын қыран құсқа кесек етті қам күйінде, мұзды т.б. жұтқызып жіберді.*

**АСАТ=** ет. *Қиған екі ағаштың басын бірбіріне қашап ұстастыру.*

**АСАТАЯҚ**[1] [ар. عصا] зат. *Ұзын таяқ; аса.*

**АСАТАЯҚ**[2] зат. муз. *Дыбысты сілкітіп шығаратын қазақтың көне музыка аспабы.*

**АСАТАЯҚТЫ** сын. *Асатаяқ ұстаған, асатаяғы бар.*

**АСАТТЫР=** ет. *Құйрық-бауырды май қосып жегіздіру.*

**АСАТТЫРУ** *Асаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**АСАТУ**[1] зат. этн. *Табақта қалған етті дастарқан басындағыларға бір-бір асатып өту дәстүрі.*

**АСАТУ**[2] *Асат етістігінің қимыл атауы.*

**АСАТУ**[3] *Асат етістігінің қимыл атауы.*

**АСАТЫНАН** үст. көне. *Аяқ астынан, кенеттен, тосыннан.*

**АСАУ**[1] сын. **1**. *Жүген-құрық тимеген, үйретілмеген, тарпаң, бас білгі емес. // Асау ат, асау тай.* **2**. ауыс. *Бетімен бұла өскен, ерке, тентек.* **3**. ауыс. *Тыйымсыз, тауы шағылмаған, еркінсіп кеткен.* **4**. ауыс. *Ерке, назды, жалынды.* **5**. ауыс. *Қатал, талапшыл.* **6**. ауыс. *Бұрқ-сарқ еткен, буырқанған, дүлей.*

**Асау бие**. *Сауылып үйретілген үргашы жылқы.* **Асауға құрық салғандай**. *Әуресі, машақаты көп, қиын.* **Асауға құрық салғандай шыңғырды**. *Азар да безер болып, ат-тонын ала қашты, шеніне жолатпады.* **Асауға тұсау**. *Тентек, шайпау мінезді, іс-әрекеті шалт мінезқұлықтарды жөнге салып, қалыпты қауымдық тәртіпке бойсұндыру.* **Асаудың құлағында ойнады**. *Асауға бас білдірді, шеберлік, ептілік көрсетті.* **Асау жүрек**. поэт. *Сезімтал, тосырқау жатырқауды көп біле бермейтін, албырт, беті қайтпаған жас көңіл.* **Асау қымыз**. этн. *Бесті қымыздан да ұзақ ашыған ащы қымыз.* **Асау мәстек**. ойын. *Бос керілген жіпке отырып, жерден таяқ алатын қазақтың ұлттық ойыны.* **Асау нардай.** *Тентек түйедей.* **Асау нәпсі.** *Ырыққа бағынбай кеткен құлқын.* **Асау өзен.** бейн. *Таудан құлай аққан екпінмен ақ бұрқақ болып жатқан, асты тастақ өзен.* **Асау тайдай тулады.** *Қатты ашуланды, бұрқ-сарқ етіп қайнады.* **Асау үйрету**. *Жүген-құрық тимеген, қолда ұсталынбаған жылқыны арнайы мініске үйрету.*

**АСАУ**[2] *Аса етістігінің қимыл атауы; ауызды толтыра тамақ жеу.*

**АСАУ-АЛБЫРТ** сын. *Қызу, ерке, тентек.*

**АСАУДАЙ** сын. **1**. *Асау сияқты.* **2**. *Асау күйінде.*

**Асаудай [асаудайын] бұлқынды.** *Ырыққа көнбеді, қатты тулады.*

**АСАУДАЙЫН** сын. поэт. *Асаудай.*

**АСАУКӨК** зат. этн. *Қонақасы берген-нен кейін қонаққа ән салғызып, ойын ойнату дәстүрі; қонаққәде.*

**АС-АУҚАТ** зат. сөйл. *Тамақ, ішіп-жем, қоректік зат.*

**АСАУЛАН=** ет. *Асаулық мінез таныту, кеу де көрсету.*

**АСАУЛАНУ** *Асаулан етістігінің қимыл атауы.*

**АСАУЛЫҚ** зат. **1**. *Жүген-құрық тимегендік, шәлкестік.* **2**. ауыс. *Өр мінезділік, тәкаппарлық, тентектік.*

**АСАУСУ** *Асаусы етістігінің қимыл атауы.*

**АСАУСЫ=** ет. *Мініс көрмей, біраз асаулыққа әдеттеніп қалу.*

**АСАУСЫН=** ет. *Асаулық танытқансу, бой бермегенсу.*

**АСАУСЫТ=** ет. *Мініске үйретпей, асаулыққа әдеттендіріп алу.*

**АСАУША** үст. *Асау сияқты, асауға ұқсап.*

**АСБАЗ** зат. сөйл. ***Аспаз.***

**АСБАЗШЫ** зат. сөйл. ***Аспаз.***

**АСБАПШЫ** зат. сөйл. ***Аспаз.***

**АСБАСШЫ** зат. сөйл. ***Аспаз.***

**АСБАСШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Аспаздық.***

**АСБАҺАН: асбаһан қылыш. *Асфаһан қылыш.***

**АСБАҺАНИ** сын. сөйл. ***Асфаһани.***

**АСБЕСТ** [грек. asbestos] зат. мин. *Сапалы, жылу жібермейтін, отқа, қышқылға төзімді, техникада көп қолданылатын талшықты, құрылымды минерал.*

**АСБЕСТИТ** зат. тех. *Жылылықты өткізбеу үшін және қышқыл төзімділігіне қолданылатын асбест талшығынан жасалған материал.*

**АСБЕСТОЗ** зат. мед. *Асбест өндіру орындарындағы минералды тозаңнан пайда болатын өкпе ауруы.*

**АСБЕСТІ** сын. **1**. *Құрамында асбест бар, асбест өндіретін.* **2**. *Асбестен жасалған, асбестен тоқылған.*

**АСБЕСТЦЕМЕНТ** зат. құр. *Асбестің цементпен және сумен қосындысы.*

**АСБЕСТЦЕМЕНТТІК** сын. *Асбестцементтен тұратын, асбестцемент қосылған.*

**АСБҰЗЫЛ** зат. жерг. ***Асхана.***

**АСБҰЗЫЛШЫ** зат. жерг. ***Асханашы.***

**АСБҰРШАҚ** зат. өс. <лат. pisum> *Гүлі ірі, бұршақтар тұқымдасына жататын біржылдық немесе көпжылдық өсімдік.*

**АС-ДӘМ** зат. сөйл. *Дәм-тұз, тамақ.*

**АСЕПТИКА** [грек. a – жоқ, емес, septikos – шірік] зат. мед. *Дененің жарақаттанған және күйген жерін емдегенде ауру жұқтырмай, іріңдеп, шіруден сақтандыру әдісі.*

**АСЕПТИКАЛЫҚ** сын. *Асептикаға негізделген, асептика әдісімен іске асырылған.*

**Асептикалық консервілеу.** физ. *Өнімді жұқа қабатта жылдам, жоғары температурада зарарсыздандырған соң жылдам суытып, зарарсыздандырылған ыдыстарға құйып жабу.*

**АСЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Жапырағы тамақ ретінде пайдаланылатын, екпе көкөніс.*

**АСЖАУЛЫҚ** зат. жерг. **1**. *Ас орамал.* **2**. *Дастарқан.*

**АСИЛЫҚ** зат. *Опасыздық, сатқындық.*

**АСИММЕТРИЯ** [грек. asymmetria] зат. мат. *Бөліктердің бір-біріне сай болмауы, симметриясыздық.*

**АСИМПТОТА** [грек. asymptotos] зат. мат. *Шексіз алыстатылған қисық сызықтың нүктесі барынша жақындай түсетін түзу.*

**АСИНДЕТОН** [грек. asyndeton] зат. лингв. *Сөйлемдердің жалғаулық қолданбай-ақ интонациялық құрал арқылы өзара байланыс жасауы.*

**АСИНХРОНДЫ** сын. *Бір мезгілге, бір уақытқа сәйкес келмеушілік.*

**Асинхронды электр қозғалтқышы**. тех. *Электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіруге арналған электр мәшинесі.*

**АСИСТОЛОГИЯ** зат. мед. *Жүрек бұлшық еті жиырылуының кенеттен төмендеуінен пайда болатын аритмияның бір түрі.*

**АСКАНИЯ** зат. зоол. *Биязы жүнді қой тұқымы.*

**АСКАНИЯЛЫҚ** сын. зоол. *Аскания тұқымына жататын.*

**АСКАРИДА** [грек. askarides] зат. анат. *Адамның ащы ішегінде болатын жұмыр құрт.*

**АСКАРИДОЗ** [лат. ascaridosis] зат. мед. *Аскарида құрты арқылы пайда болатын іш ауруы, жылан құрт ауруы.*

**АСКАРИТ** зат. хим. *Көміртек диоксидін сіңіру үшін пайдаланылатын сілті балқымасы сіңірілген асбест.*

**АСКЕДІ** зат. жерг. ***Асқабақ.***

**АСКЕТ** [грек. asketes] зат. діни. *Аскетизмге берілген адам.*

**АСКЕТИЗМ** зат. діни. *Адами немесе діни мұраттарға қол жеткізу мақсатында талап-тілекті қанағаттандырудан өзін-өзі шектеп, қатаң ынсап шеңберінде тіршілік етушілік, тақуашылық.*

**АСКЕТТІК** сын. діни. *Аскетке тән, соған қатысты.*

**АСКИЯ** зат. фольк. ***Әския.***

**АСКОМИЦЕТТЕР** [лат. ascomycetes] зат. биол. *Жоғары сатыдағы қалталы саңырауқұлақтар класы.*

**АСКОРБИН** [грек. а – жоқ, емес, лат. skorbutus – діңгене құрқұлақ]: **аскорбин қышқылы**. биохим. *Қышқыл дәмді, суда еритін, иіссіз дәрумен, дәмді, ақ ұнтақ.*

**АСКОФЕН** зат. мед. *Аспирин, фенацетин, кофеин қосындысынан жасалған дәрі.*

**АСКОХИТОЗ** зат. биол. *Дәнді-бұршақты дақылдарда кездесетін грибтік ауру.*

**АСКӨК** зат. өс. <лат. anethum> *Көк балауса күйінде тамаққа пайдаланатын, шатыршагүлділер тұқымдасына жататын біржылдық бақша дақылы.*

**АСҚАБАҚ** зат. өс. <лат. cucurbita> *Мал азығы және тамақ ретінде пайдаланылатын ірі жемісті бақша өсімдігі.*

**Асқабақ тұқымдасы**. <лат. cucurbitaceae> бот. *Қос жарнақты бір және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**АСҚАБАҚТАЙ** сын. эмоц. *Көлемі, үлкендігі асқабақ тәрізді, үлкен.*

**АСҚАБАҚША** үст. *Асқабақ тәрізді, асқабақ сияқты.*

**АСҚАЗАН**[1] зат. анат. <лат. ventriculus> *Ас қорытатын мүше.*

**Асқазан аурулары**. мед. *Өңеш пен он екі елі ішек аралығына орналасқан ас қорыту мүшесінің қалыпты қызметінің бұзылуы.*

**АСҚАЗАН**[2] зат. жерг. *Ас үй, асхана.*

**АСҚАЗАНСЫЗ** сын. *Асқазанның қатысынсыз.*

**АСҚАҚ** сын. **1**. *Биік, заңғар, зәулім; асқар.* **2**. ауыс. *Өркөкірек, менмен, тәкаппар.* **3**. ауыс. поэт. *Шарықтаған, шалқыған, шабытты.* **4**. ауыс. *Жоғары, ұлы, өр, паң.* **5**. ауыс. *Бейнелі, көркем, әдемі.* **6**. ауыс. *Әдемі, сұлу.*

**Асқақ сезім.** поэт. *Ұсақшылдықтан ада биік сезім.*

**АСҚАҚСЫЗ** сын. *Менмендігі жоқ, өр көкірек емес.*

**АСҚАҚТА=** ет. **1**. *Жоғары көтерілу, биіктеу, аспандау.* **2**. *Көңілі көтерілу, қуаттану.* **3**. поэт. *Шарықтау, шалқу, шырқату.* **4**. ауыс. *Дандайсу, менменсу, көзінің еті өсу, тәкаппарлану.*

**АСҚАҚТАТ=** ет. **1**. *Шарықтату, аспандатып өрлету.* **2**. *Дандайсыту, басындыру.*

**АСҚАҚТАТУ** *Асқақтат етістігінің қимыл атауы; биіктету, жоғарылату, аспандату.*

**АСҚАҚТАУ** *Асқақта етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Жоғары көтерілу, аспандау, шарықтау.* **2**. ауыс. *Дандайсу, тәккаппарлану.*

**АСҚАҚТАУШЫ** зат. *Дандайсушы, менменсуші, тәкаппарланушы.*

**АСҚАҚТАУШЫЛЫҚ** зат. *Дандайсушылық, тәкаппарланушылық.*

**АСҚАҚТЫ** сын. **1**. поэт. *Аспандап шалқыған, көтеріңкі.* **2**. ауыс. *Тәкаппар, өр.*

**АСҚАҚТЫҚ** зат. **1**. *Өр көкіректік, паңдық, тәкаппарлық.* **2**. ауыс. *Астамшылық, дандайсушылық.* **3**. ауыс. *Жігерлілік, өрлік.*

**АСҚАҚТЫЛЫҚ** зат. филос. *Өзінің мәні мен мазмұны жағынан қасиетті, тұлғалы боп көрінетін табиғат пен қоғам өміріндегі құбылыстарға адамның ерекше қатынасын бейнелейтін эстетикалық категория.*

**АСҚАҚШЫЛ** сын. *Жігерлі, көтеріңкі, шабытты.*

**АСҚАЛАҚТА=** ет. сөйл. *Асқақтау, асыптасу.*

**АСҚАН** үст. *Аса, тым, зор, өте.*

**Асқан мен тасқан**. *Байлығымен, билігімен үстемдік етіп, көкірек көтергендер, мансапқа мас болғандар.*

**АСҚАНДЫҚ** зат. **1**. *Артылушылық, басым болушылық.* **2**. ауыс. *Асып-тасқандық, тәкаппарлық.*

**АСҚАН-ТАСҚАНДЫҚ** зат. *Асып-тасушылық, астамшылық.*

**АСҚАР** сын. **1**. *Заңғар, зәулім, биік.* **2**. поэт. *Бір нәрсенің ең биігі, шыңы.*

**Асқар бел [тау, қорған].** *Арқа сүйер тірек, сүйеніш.* **Асқардан келді.** жерг. *Ойламаған, күтпеген жерден келді.* **Асқар тау, шалқар көл**. *Алыс жол, қиын-қыстау асу, ұзақ сапар.* **Асқар тауы құлады.** *Ең жақын жанашырынан, тірегінен айырылды.*

**АСҚАРАЛЫ** сын. поэт. **1**. *Заңғар, зәулім, биік.* **2.** ауыс. *Ұлы, орасан, зор.*

**Асқаралы таудай көрді**. *Алып тұлғалы, зор денелі деп білді.*

**АСҚАРДАЙ** сын. *Асқар тәрізді, биік.*

**АСҚАРЛА=** ет. *Биікке көтерілу, шарықтау, самғау.*

**АСҚАРЛЫ** сын. *Заңғар, зәулім, биік.*

**АСҚАРЛЫҚ** зат. *Биіктік, зәулімдік.*

**АСҚАРПАЗ** зат. жаңа. *Альпинизммен айналысатын адам.*

**АСҚАРШЫЛ** сын. *Шарықтағыш, шалқығыш, асқақ.*

**АСҚАСЫҚ** зат. *Ас алып ішуге арналған, шай қасықтан үлкендеу қасықтың түрі.*

**АСҚАТЫҚ** зат. этн. *Ішіп-жем, тамақ.*

**АСҚАТЫҚСЫЗ** сын. *Ас-ауқатсыз, тамақсыз.*

**АСҚОРЫТУ** зат. анат. *Тамақтың құрамындағы күрделі коректік заттардың асқорыту жүйелерінде механикалық, химиялық және биологиялық жолмен өңделіп, ағзаға бейімделген қарапайым түрге айналып сіңуі.*

**Асқорыту бездері**. анат. *Асқорытуға қажетті ферменттері мол, асқорыту сөлін бөлетін бездер.* **Асқорыту жүйесі**. анат. <лат. sistema digestorium> *Ағзаны қоректік заттармен қамтамасыз ететін мүшелердің біртұтас жиынтығы.* **Асқорыту мүшелері**. анат. *Ағзаның асқорыту қызметін атқаратын бөлігі.*

**АСҚЫЗ=** ет. *Қазан көтертіп, ас әзірлету.*

**АСҚЫЗУ** *Асқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АСҚЫН** сын. *Пәрменді, қарқынды.*

**АСҚЫН=** ет. **1**. *Аурудың күшеюі.* **2**. *Үдей түсу, ұлғаю.* **3**. ауыс. *Шиеленісу, ушығу.* **4**. ауыс. *Дандайсу, тәкаппарлану.*

**Асқынған конъюктивит.** мед. *Көздің дәнекер қабығының ауру тудыратын микробтар мен вирустардың әсерінен қабынып, тез өршитін сырқаты.* **Асқын инфляция**. экон. *Ерекше ірі ауқымдағы инфляция.* **Асқын өткізгіш**. тех. *Заттың ең жоғарғы температурадан ең төмен температурада жоғары электр өткізгіштік күйіне көшуі.* **Асқын салмақ**. физ. *Үдемелі қозғалып келе жатқан күрделі жүйенің жеке бөліктерінің бір-біріне жасайтын қысымы.*

**АСҚЫНҒАНДЫҚ** зат. *Өршігендік, күшейгендік, меңдегендік.*

**АСҚЫНҒЫШ** сын. *Тез күшейгіш, ұлғайғыш.*

**АСҚЫНДА=** ет. **1**. *Ауруы күшею, меңдеу.* **2**. *Үдей түсу, даму, өршу.* **3**. ауыс. *Шектен шығу, дандайсу.* **4.** поэт. *Шарықтау, шалқу.*

**АСҚЫНДАН=** ет. *Үдеу, өршу, күшею.*

**АСҚЫНДАТ=** ет. *Күшейту, шарықтату дендету.*

**АСҚЫНДАУ** *Асқында етістігінің қимылатауы; күшею, дендеу.*

**АСҚЫНДЫР=** ет. **1**. *Ауруды еселендіріп алу.* **2**. *Істі насырға шаптыру, шиеленістіре түсу.* **3**. *Үдету, дамыту, күшейту.*

**Асқындырып алды**. *Одан әрі ауырлатып алды, үдетіп алды.*

**АСҚЫНДЫРУ** *Асқындыр етістігінің қимыл атауы; күшейту.*

**АСҚЫНСУ** зат. хим. *Тұрақтандырушы қоспалары бар сутек пероксидінің концентрациялы (30%-ке жуық) сулы ерітіндісі, тотықтырғыш зат.*

**АСҚЫНТ=** ет. *Сырқатты, дертті күшейтіп алу.*

**АСҚЫНУ** *Асқын етістігінің қимыл атауы; күшею, меңдеу.*

**АСҚЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Асқынып кетушілік, шектен шығушылық.*

**АСҚЫНЫС** зат. **1**. мед. *Аурудың асқынуы.* **2**. *Күшейіп кеткендік, асқынушылық.*

**АСҚЫСЫЗ: іске асқысыз**. *Болымсыз, керексіз, қонымсыз, жарамсыз.*

**АСҚЫШ: құлақ асқыш**. *Тіл алғыш, тыңдағыш.*

**АСЛАМКА** зат. балықшар. *Көбінесе жүк тасуға пайдаланылатын қос діңгекті желкенді кеменің бір түрі.*

**АСМАЛДЫҚ** зат. жерг. *Әшекейлеген түйе жабуы, түйе кежімі.*

**АСМАР: асмар ету**. көне. *Аманат ету, табыстау, тапсыру.*

**АСПА**[1] зат. **1**. *Бір нәрсені асып, іліп қоятын ағаш, жіп.* **2**. *Көйлек, шолақ комбинезон, шалбар сияқты киімдердің иыққа асылып келіп алдыңғы жағынан түймеленетін жері, ілгіші.*

**Аспа тамыр**. бот. *Өсімдіктің қосалқы тамыры.*

**АСПА**[2] зат. көне. *Аспақ.*

**АСПА**[3] сын. *Ілулі, асатын, керетін.*

**Аспа аңғар**. а) *Табаны негізгі аңғардың табанынан биік орналасқан қапталдық аңғар.* ә) *Жағалау жарқабағында, теңіз деңгейінен біршама биіктікте құрт аяқталатын аңғар.* **Аспа мұздық**. геогр. *Құлама беткейлердің жоғарғы бөлігіндегі кішкене ойыстарда орналасқан тау мұздықтары.*

**АСПАБЕСІК** зат. этн. *Төбеге жіп, арқанмен іліп қойылатын тербелмелі бесік.*

**АСПАЗ** [ир. آشپز] зат. *Тағам дайындайтын адам, аспазшы.*

**АСПАЗДЫҚ** сын. *Ас дайындауды кәсіп етушілік, аспаз болушылық.*

**АСПАЗШЫ** зат. сөйл. ***Аспаз.***

**АСПАЗШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Аспаздық.***

**АСПАЙ-САСПАЙ** үст. *Байыппен, асықпай, жай, ақырын.*

**АСПАҚ** зат. көне. *Дар ағашы, жазалау құралы.*

**АСПАҚТА=** ет. *Көтеріп, аяғын жерге тигізбей байлап қою.*

**АСПАҚТАУ** *Аспақта етістігінің қимылатауы.*

**АСПАЛА**[1]**=** ет. көне. *Кежімдеп, сәндеп жүк арту.*

**АСПАЛА**[2]**=** ет. *Аспанда, биікте.*

**АСПАЛЫ** сын. *Асулы, асып қоятын, ілулі.*

**Аспалы айшық**. кен. *Кен қазбасының көлбеу бұрыштарын өлшейтін аспап.* **Аспалы бесік**. этн. ***Аспабесік***. **Аспалы жол**. *Бағаналар арқылы тартылған, болат арқан бойымен қозғалатын жүк пен жолаушыларды тасымалдайтын көлік түріне арналған жол.* **Аспалы көпір**. *Негізгі көтергіш конструкция қызметін сым, кабель, болат қанат, топсалы шынжыр сияқты иілмелі элементтер атқаратын, өтпе бөлігі соларға асылып тұратын көпір.* **Аспалы өрнек**. этн. *Кілем өрнегі.* **Аспалы өсімдік**. биол. *Арнайы, аспалы ыдыстарда өсіруге арналған өсімдік.* **Аспалы траектория**. әск. *Көтерілу бұрышында негұрлым алыс қашықтықтан үлкен бұрыш алатындай траектория.* **Аспалы шам**. *Төбеге, биікке іліп қойылатын шам.*

**АСПАН** [ар.آسمان] з а т. *Төбедегі атмосфералық кеңістік, көк, әуе.*

**Аспан айналып, жерге түскен [шілде] ыстық**. *Өте ыстық, аңызақ аптап, шілденің қатты қапырық күні.* **Аспан айналып жерге түскендей**. *Өте ыстық, тым қапырық.* **Аспан айныды**. *Бұлт басты, бұлттанды, жаңбыр таянды.* **Аспан айырылып, жер қопарылатындай**. *Дүние құрып кететіндей, ақырзаман орнайтындай.* **Аспан алақандай, жер тебінгідей болды**. *Бәрі қиындап, күрделеніп кетті.* **Аспан аңыздары**. *Астрономиялық аңыздар.* **Аспан аптап, күн шыжыды**. *Аңызақ ыстық, қапырық болды.* **Аспан асты**. а) *Көк жүзі.* ә) *Кең дүние, жер беті.* **Аспан асты кең.** п о э т. *Бұл жер болмаса басқа бір жер (орын) табылады, бірдеңе етіп күн көруге болады деген мағынада.* **Аспан асты қуыс**. б е й н. *Жер беті кең.* **Аспан ашылды**. а) *Бұлт сейілді, жауын-шашын басылды.* ә) п о э т. *Көңілдегі кірбің кетті, ашуы, реніші, күмәні тарқады; басына жақсы күн орнады, ауыртпалықтан арылды.* **Аспан әлемі**. *Әуе кеңістігі.* **Аспанға көтерді**. *Әбден мақтады, асыра дәріптеді.* **Аспанға [аспаннан] қарады**. *Құр кеуде көтерді, менменсінді, тәкаппарланды.* **Аспанға қолы жеткендей**. *Болып-толғандай, кеудесін көтерді, дандайсыды.* **Аспанға тырысты**. *Ілгері ұмтылды, өсті.* **Аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылады // Аспанға ұшса, аяғынан тартады, жерге кірсе, желкесінен тартады**. *Қайда кетсе де құртады, тірі қоймайды.* **Аспанға ұшсам, қанатым талады, жерге түссем, Жалайыр Шора алады**. *Қайда барсам да құтқармайды, қолға түсіреді. [Шора –қыран құстың «тілін» (бабын) білген, қыран құстарды, түз бүркіттерді торға түсіріп,шырмаудың асқан шеберлігімен аты аңызға айналған құсбегі].* **Аспанға шықты**. *Даңқы шалқыды, атағы жайылды.* **Аспандағы айға қол созды**. *Шамасы келмейтін іске ұрынды, қолдан келмеске, қол жетпеске ұмтылды.* **Аспандағы жұлдызды алумен бірдей [тең].** *Өте қиын, меһнатты, азапты.* **Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты**. *Тып-тыныш болды, меңіреу тыныштық орнады.* **Аспан денесі**. а с т р. *Күн және оны айналып жүретін планета серіктері.* **Аспан денесінің орбитасы**. а с т р. *Ғарыш кеңістігіндегі аспан денесінің қозғалу траекториясы.* **Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті**. а) *Жер дүниені тарылтты деген мағынада.* ә) *Жан алқымға алды, тықсырып, қыспаққа алды, апшысын қуырды.* **Аспанды тастап жібер [құлат].** *Күшті болсаң, байқап көр, қолыңнан келгенін аянба.* **Аспан координаттары**. а с т р. *Аспан кеңістігіндегі шырақтардың орнын анықтауға қолданылатын сандар.* **Аспан күмбезі**. *Аспан кеңістігі, әлемі.* **Аспан күңгірт.** *Бұлт торлаған, бұлтты.* **Аспан кірледі.** б е й н. *Аспанды бұлт басты, бұлттанды.* **Аспан мен жердің арасы**. *Жан-жақ, айнала.* **Аспанмен таласқан [бой таласқан, тайталасқан, тілдескен, тірескен].** *Зәулім, заңғар, биіктігі көкке жеткендей.* **Аспан меридианы**. а с т р. *Аспан күмбезінің солтүстік нүктесінен оңтүстік нүктесіне қарай тас төбе мен табан тұстағы нүктелерді және дүние осін ойша басып өтетін сызық.* **Аспан механикасы**. а с т р. *Астрономияның Күн жүйесі денелерінің қозғалысын зерттейтін бөлімі.* **Аспаннан бауырсақ жауу**. *Ойламаған жерден, кенеттен жақсылық болу, олжаға тап болу.* **Аспаннан түскендей**. а) *Ойда жоқта тап болған, тосыннан, кенеттен пайда болған.* ә) *Түк білмегендей, ешнәрсе болмағандай.* **Аспаннан түскен төрт кітап.** д і н и. *Діни ұғым бойынша, төрт пайғамбар иеленген төрт кітап болыпты-мыс. 1. Тәурат 2. Зәбүр – Дәуіттің, 3. Інжіл – Исаның, 4. Құран – Мұхаммедтің кітабы. Сол діни ұғым бойынша Адам ата арқылы 10 кітап, Шис (Сиф) арқылы 50 кітап, Ыдырыс пайғамбар [Енох] арқылы 30 кітап, Ыбрайым [Абрам] арқылы 10 кітап дүниеге келіпті-мыс.* **Аспаннан тілегені [іздегені] жерден табылды**. *Алыстан іздегені аяқ астынан табыла кетті.* **Аспан сферасы**. а с т р. *Практикалық астрономия есептерін шешуге пайдаланылатын көмекші сфера.* **Аспан тастары**. а с т р. <грек. meteorus> ***Метеорлар***. **Аспан [-ның түбі] тесіліп кеткендей**. *Қатты, толассыз, екпінді болған жауын-шашын кезінде айтылады.* **Аспан шайдай ашық**. *Бұлтсыз көк аспан.* **Аспан шайдай ашылды**. *Бұлт тарады, көкте бір шөкім бұлт қалмады.* **Аспан шырақтары**. а с т р. *Жерді айналып жүретін аспан денелері, Күн системасы.* **Аспаның ашық болсын** т і л е к. *Жаманшылық көрме, төбеңе бұлт айналмасын.*

**АСПАЛЫ-ТӨКПЕЛІ** с ы н. *Молшылықты, мол байлықты.*

**АСПАНДА=** е т. **1**. *Жоғары көтерілу, самғау.* **2**. *Ұзару, биіктеу.* **3**. а у ы с. *Шарықтау, шалқу, құйқылжу.* **4**. а у ы с. *Кеуде көтеру, менменсу, дандайсу.*

**АСПАНДАЙ** с ы н. *Аспан сияқты, аспан тәрізді.*

**АСПАНДАС=** е т. *Аспанмен таласу, көкпен жалғасу.*

**АСПАНДАТ=** е т. **1**. *Биіктету, жоғары қарату.* **2**. а у ы с. п о э т. *Шарықтату, шалқыту, әуелету.* **3**. а у ы с. *Көкке көтеру, дәріптеу.*

**АСПАНДАУ** *Аспанда етістігінің қимыл атауы; самғау, шарықтау.*

**АСПАНИ**[1] с ы н. е с к і. к і т. *Аспандаған, шарықтаған.*

**АСПАНИ**[2] с ы н. с ө й л. ***Асфаһани***.

**АСПАНКӨК** з а т. ө с. *Альпілік, субальпілік ендікте өсетін, гүлжапырақтарының түсі аспан тәрізді ашық көк, тостағаншасы сары, биіктігі 5-10 см-дей, әдемі көк гүл.*

**АСПАН-КӨК** з а т. п о э т. ***Аспан***.

**АСПАНСЕРІК** з а т. ж а ң а. *Ұшақтағы жолаушыларға қызмет көрсететін адам, стюардесса.*

**АСПАНСУ** *Аспансы етістігінің қимыл атауы.*

**АСПАНСЫ=** е т. *Кеуде көтеру, тәкаппарсу, менменсу.*

**АСПАНСЫТ=** е т. *Әуелету, аспандату, шалқайту, көкке көтеру.*

**АСПАНСЫТУ** *Аспансыт етістігінің қимыл атауы.*

**АСПАП** [ар. أسباب] з а т. **1**. *Қолмен істелетін жұмысты орындауға керекті құрал-сайман, керек-жарақ.* **2**. *Өлшеу, бақылау, қондырғыларды басқару, технологиялық процестерді реттеу және т.б. мақсаттарға арналған құрылғы, машинаның атқару механизмі.* **3**. *Құрал-жабдық, кітап.* **4**. *Музыкалық құрал.*

**Аспаптар панелі**. и н ф. <ағыл. toolbar> *Windows жүйесінің әрекеттерді орындау батырмалары орналасқан басқару тақтасы.*

**АСПАПКЕР** з а т. *Құрал-сайман жасайтын, аспап әзірлейтін адам.*

**АСПАП-ҚҰРАЛ** з а т. *Құрал-жабдық.*

**АСПАПСЫЗ** с ы н. *Құралсыз, арнайы жабдықсыз.*

**АСПАПТАЛ=** е т. м у з. *Музыкалық шығарманың аспап түріне қарай бөлініп жазылуы.*

**АСПАПТАУ** з а т. м у з. *Музыкалық шығарманы үрмелі, ішекті халық аспаптарына немесе симфониялық оркестрдің құрамына сай лайықтап, әр аспапқа бөліп жазу әдісі.*

**АСПАПТАУШЫ** з а т. м у з. с ө й л. *Шығарманы халық аспаптарына не симфониялық оркестрге лайықтаушы, әр аспапқа бөліп жазушы.*

**АСПАПТЫ** с ы н. *Аспаптың көмегімен, аспап арқылы.*

**АСПАПТЫҚ** с ы н. *Аспаппен орындалатын, аспапқа тән.*

**Аспаптық бағдарламалық жасақтама.** и н ф. <ағыл. support software> *Жалпы бағдарламалық жасақтар құраушыларын даярлауға арналған бағдарламалар жиыны.* **Аспаптық дербес компьютер.** и н ф. *Бағдарламаларды жүзеге асыратын, компьютер жүйелерін жобалайтын дербес компьютер.* **Аспаптық жүйе.** и н ф. <ағыл. support system> *Мамандар аспап ретінде пайдаланатын бағдарламалық, бағдарламалық-техникалық құралдар кешені.* **Аспаптық музыка [шығарма].** *Музыкалық аспаптарда орындау үшін жазылған шығарма.*

**АСПАПШЫ**[1] з а т. ө н е р. *Құрал-сайман, аспап жасаушы шебер.*

**АСПАПШЫ**[2] з а т. **1**. *Музыка аспабында ойнаушы.* **2**. а у ы с. *Шебер, білікті.*

**АСПАРА** з а т. ө с. <лат. chesneya> *Бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдіктер.*

**АСПАРАГИН** з а т. х и м. *Азоттық зат алмасу қосындыларынан шығатын органикалық зат.*

**Аспарагин қышқылы**. б и о л. *Протоаминдерден басқа барлық ақуыздардың құрамына енетін, алмасатын амин қышқылы.*

**АСПАРАГУС** [лат. asparagus] з а т. ө с. *Үй ішінде сәндік үшін өсірілетін, қояншөп тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**АСПА-ТӨК** с ы н. *Ағыл-тегіл молшылық.*

**АСПА-ТӨКПЕ** с ы н. с ө й л. *Аспа-төк, асқан молшылық.*

**АСПА-ТӨКПЕЛІК** з а т. *Аспа-төк болушылық.*

**АСПАҺАНИ: аспаһани қылыш.** к ө н е. *Исфаһан қаласында жасалған, бағалы саналатын парсы қылышы.*

**АСПАШАМ** з а т. *Жарық беруге арналған, бірнеше шырағданнан (лампа) тұратын әшекейлі аспалы шам.*

**АСПЕКТ** [лат. aspektus] з а т. ғ ы л. *Белгілі бір мәселе, құбылыс, факт жөніндегі айрықша көзқарас, бағыт.*

**АСПЕКТОЛОГИЯ** [лат. aspectus — түр, грек. logos – ілім] з а т. л и н г в. *Лингвистикадағы етістіктің түрлік формаларын және олардың мағыналығын зерттейтін грамматиканың саласы.*

**АСПЕРГИЛЛ** [лат. Aspergillus] з а т. б о т. *Аскомицет тобына жататын саңырауқұлақтар.*

**АСПЕРГИЛЛЕЗ** з а т. м е д. *Күркетауық, тауық, үйрек, қаз және жабайы құстардың тыныс мүшелерінің жұқпалы ауруы.*

**АСПЕТТЕ=** е т. с ө й л. ***Әспетте***.

**АСПИД**[1] [грек. aspis] з а т. з о о л. *Тропикалық, субтропикалық өңірде болатын улы жыланның түрі.*

**АСПИД**[2] [грек. aspis] з а т. г е о л. *Көп қыртысты қара минерал.*

**АСПИДТІ** с ы н. г е о л. *Аспиді бар, аспид араласқан.*

**АСПИРАНТ** [лат. aspirans] з а т. ғ ы л. *Аспирантурада оқитын адам.*

**АСПИРАНТТЫҚ** с ы н. ғ ы л. *Аспирант кездегі, аспирантураға қатысты.*

**АСПИРАНТУРА** з а т. ғ ы л. *Соңында диссертация қорғау мен ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі алынатын ғылыми-зерттеу институттарындағы немесе жоғары оқу орындарындағы профессорлық және ғылыми мамандарды дайындау жүйесі.*

**АСПИРАТА** [лат. Aspirata] з а т. л и н г в. *Көмейлік дауыссыз дыбыстар.*

**АСПИРАТОР** [лат. aspirare] зат. *Өндіріс орындарындағы ауаның құрамындағы шаңды бөліп алуға арналған құрылғы, қондырғы.*

**АСПИРАЦИЯ** [лат. aspiratio] зат. **1**. *Жұтыну актісінің бұзылу салдарынан тыныс алған кезде тыныс жолына тамақ қалдықтарының, қанның түсуі.* **2**. *Дене қуысынан ауаны немесе сұйықты арнаулы аспаптармен сорып алу.* **3**. *Технологиялық жабдықтардың жұмысынан, жүк түсіру-тиеу кезінде және т. б. жұмыстардан бөлінетін шаңды және басқа зиянды заттарды бөліп шығару.*

**АСПИРИН** [нем. Aspirin] зат. мед. *Дене қызуын қайтаратын, ауруды басатын дәрі; ацетилсалицил қышқылы.*

**АСПЫРАҚТА**= ет. сөйл. *Шектен шығу, асқақтау, дандайсу.*

**АСР** зат. діни. **1**. *Намаздігер, екінді намаз уақыты.* **2**. *Аср сүресі Құран кәрімнің жүз үшінші сүресі.*

**АСС** [лат. assis] зат. экон. *Көне рим түсындағы салмағы 327 гр римдік фунтқа тең мыс ақша.*

**АССА** үст. *Мықтағанда, әрі кеткенде.*

**АССАҒАТ** зат. өс. сөйл. ***Көкморас.***

**АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ**[1] зат. өс. сөйл. ***Сәлемшөп.***

**АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ**[2] [ар. السلام عليكم] од. *Көбіне ер адамның амандық сұрасуы, құрмет көрсете сәлемдесуінде айтылатын сөз.*

**АССАМБЛЕЯ** [франц. assamblee] зат. қоғ. **1**. *Халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы қоғамдық жиналысы.* **2**. *Мемлекеттік немесе халықаралық ұйым атауы.*

**АССАСИН** зат. тар. **1**. *Орта ғасырларда және бүгінде де кеңінен таралған исмаилит-низариттердің атауы.* **2**. *XIV ғасырларда итальян, француз және басқа да еуропа тілдерінде кісі өлтіруші мағынасында қолданылған атау.*

**АССИБИЛЯЦИЯ** [лат. assibilation] зат. лингв. *Дауыссыз дыбыс пен ызың дауыссыз дыбыстың өзара алмасуы.*

**АССИГНАЦИЯ** [франц. assignation] зат. тар. *Ерте кезде Ресейде ақша орнына жұмсалған қағаз.*

**АССИГНОВАНИЯ** зат. қаржы. *Кәсіпорындар мен мекемелерге міндеттерін атқаруға берілген ақша қаражаттары.*

**АССИМИЛЯЦИЯ** [лат. assimilatio] зат. ғыл. **1**. *Саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны көп, қуаты күшті халықтың ықпалымен сол халықтың құрамына сіңіп, жұтылып кету құбылысы.* **2**. лингв. *Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалы, қатаң дауыссыздан кейін қатаң, ұяң дауыссыздан кейін ұяңның келуі.* **3**. биол. *Жасушаларға жаңадан енген заттардың сол ағзаға бейімделіп өзгеруі.* **4**. геол. *Магманың өзін сыйыстырушы іргелес жатқан тау жыныстарымен әрекеттесу (балқыту, еріту, сіңіру т.б.) процесі.*

**АССИМИЛЯЦИЯЛА**= ет. ғыл. *Ағзаға енген заттарды өзіне бейімдеп өзгерту, сіңіру.*

**АССИМИЛЯЦИЯЛАН**= ет. *Өзгеріске түсіп, өзгеше түр алу.*

**АССИМИЛЯЦИЯЛАНУ** *Ассимиляциялан етістігінің қимыл атауы.*

**АССИМИЛЯЦИЯЛАУ** *Ассимиляцияла етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір халықтың екінші халыққа сіңісуі.* **2**. *Өзіне бейімдеп, өзгерту.*

**АССИМИЛЯЦИЯЛАУШЫ** зат. *Ассимиляцияға түсіруші.*

**АССИРИОЛОГИЯ** зат. тар. *Месопотамияның бұрынғы мезгілдерінің тарихы, мәдениеті жөніндегі ғылым.*

**АССИРИЯЛЫҚ** зат. *Бірқатар Таяу Шығыс елдеріне бытырай қоныстанған халық аты.*

**АССИСТЕНТ** [лат. assistens] зат. ғыл. **1**. *Профессор, дәрігердің ғылыми жұмыс немесе операция жасаудағы көмекшісі.* **2**. *Жоғары оқу орындарындағы кіші оқытушы немесе емтихан алушының көмекшісі.* **3**. әск. *Ту ұстаушының қасына қойылатын екі адамнан құралған құрметті қарауыл.*

**АССИСТЕНТТІК** сын. ғыл. *Ассистентке тән, ассистентке қатысты.*

**АССОНАНС** [франц. assonance] зат. әдеб. *Өлең жолдарында сөз басындағы дауысты дыбыстардың ұйқасуы.*

**АССОРТИ** [франц. assorti] зат. **1**. *Арнайы таңдалып алынған қоспа, жиынтық (әдетте азық-түлік).* **2**. *Осындай араластырма, жинақталған зат.*

**АССОРТИМЕНТ** [франц. assortiment] зат. *Іріктеп, талғап алынған әртүрлі заттармен тауарлардың, сұрыптардың жиынтығы; түржинақ.*

**АССОРТИМЕНТТІ** сын. *Түрі көп, алуантүрлі, әртүрлі.*

**АССОЦИАЦИЯ** [лат. associatio] зат. **1**. қоғ. *Іс-әрекеттің бір тектестігіне қарай жеке адамдардың, мекемелердің, ұйымдардың ерікті түрде біріккен одағы.* **2**. психол. *Адам санасында болатын жеке психикалық процестердің арасындағы байланыс.* **3**. хим. *Зат молекулаларының (немесе иондарының) екілеп, үштеп қосылуынан тұратын химиялық құбылыс.*

**АССОЦИАТТАР** зат. хим. *Сұйық немесе газ фазасындағы иондар не молекулалар тобы.*

**АССОЦИАЦИЯЛАН**= ет. *Ассоциацияға түсу, бірігу, құрастырылу.*

**АССОЦИАЦИЯЛАНУ** *Ассоциациялан етістігінің қимыл атауы.*

**АССОЦИАЦИЯЛЫ** сын. *Ассоциациясы бар, ассоциацияға біріккен.*

**АССОЦИАЦИЯЛЫҚ** сын. *Ассоциацияға тән, ассоциацияға қатысты.*

**АС-СУ** зат. *Қоректік ішіп-жем, тамақ, дәм.*

**Ас-судан қалды**. *Уайымның не науқастың салдарынан қатты жүдеп, тамаққа тәбеті шаппады.* **Ас-су ұстады**. *Қазан-ошаққа иелік етті.*

**АС-СУЛЫҚ** сын. *Ас-суға арналған, ас-суға лайық.*

**АС-СУСЫЗ** сын. *Ішіп-жемсіз, тамақсыз, нәрсіз.*

**АССҮТТІГЕН** зат. өс. <лат. Lactuca> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдіктер.*

**АССЫЗ** сын. *Ішіп-жемсіз, нәрсіз, тамақсыз.*

**АССЫЗДЫҚ** зат. *Ас-сусыздық, ішіп-жем, тамағы жоқтық.*

**АССЫЗ-СУСЫЗ** сын. *Ішіп-жейтіні жоқ, азық-түліктен мақұрым.*

**АСТА** үст. сөйл. ***Әсте.***

**АС-ТАҒАМ** зат. *Ішіп-жем, тағам.*

**АСТАҒЫПЫРАЛЛА** од. сөйл. ***Астапыралла.***

**АСТАЗИЯ** [көне грек. а – емес, жоқ, stasis – тұру, тұрып қалу] зат. мед. *Жүйке жүйесі аурулары нәтижесінде адамның тұрып тұру қабілетін жоғалтуы.*

**АСТАЙ** сын. *Ас тәрізді, ас сияқты.*

**АСТАҚТАЙ** зат. *Нан жаюға, көкөніс турауға және т. б. азық-түлікті өңдеуге арналған тақта.*

**АСТАМ**[1] сын. *Өктем, асқақ, үстем, басымырақ.*

**АСТАМ**[2] үст. *Белгілі бір мөлшерден, шамадан артық, көп.*

**АС-ТАМАҚ** зат. сөйл. ***Ас-дәм.***

**АСТАМДАЙ** сын. сөйл. *Астамырақ, көбірек.*

**АСТАМДЫҚ** зат. **1**. *Шектен шығушылық, артық кетушілік.* **2**. ***Астамшылық*** *(қанағат тұтпаушылық).* **3**. жағымды. *Артықшылық, басым түсушілік.*

**Астамдық істеді**. *Өктемдік көрсетті, әлімжеттік жасады.*

**АСТАМСУ** *Астамсы етістігінің қимылатауы.*

**АСТАМСЫ**= ет. *Кеудесін керу, тәкаппарлану.*

**АСТАМСЫН**= ет. *Менмендік таныту, өркөкіректену, астамсып қарау.*

**АСТАМШЫЛ** сын. **1**. *Дандайсыған, кекірейген, кесір.* **2**. *Өктем, асқақ.*

**АСТАМШЫЛДЫҚ** зат. *Кесірлік, астамшылық.*

**АСТАМШЫЛЫҚ** зат. **1**. *Діни наным бойынша Құдай алдында күпір жасаушылық, асылық.* **2**. *Қанағат тұтпаушылық.* **3**. *Асыра айтушылық, артық кетушілік.*

**Астамшылық жасады**. *Асылық қылды, қарсылық білдірді, алдынан кесіп өтті.*

**АСТАНА**[1] [ир. أستانه] зат. **1**. *Мемлекеттің әкімшілік, саяси орталығы, бас қаласы.* **2**. стиль. *Бір нәрсенің кең тараған, шоғырланған, орны, орталығы, шыққан жері.*

**АСТАНА**[2] зат. көне. **1**. *Ел, жұрт, қауым.* **2**. ауыс. *Бас, тұрақ, пана, тұғыр.*

**Астана жұрт [халық]**. көне. а) *Ұлы қауым, көп халық, ел-жұрт.* ә) *Хан ордасы, патша сарайындағы және олардың айналасындағы ықпалды әлеуметтік топ.* б) *Ханның, ел билеушісінің қол астындағы өз жұрты.*

**АСТАНА**[3] зат. жерг. *Табалдырық.*

**АСТАНАЛЫ** сын. **1**. *Астанасы бар, орталығы бар.* **2**. *Өнер-білім, ғылым, өндіріс шоғырланған.*

**АСТАНАЛЫҚ** сын. **1**. *Астана мәртебесін иемденген.* **2**. *Астанада тұратын.*

**АСТАН-КЕСТЕН** үст. **1**. *Ойран-топыр, әлем-тапырық.* **2**. *Алай-түлей, ұйқы-тұйқы.* **3**. *Абыр-сабыр, аласапыран.* **4**. ауыс. *Бұлқан-талқан, әптер-тәптер.*

**Астан-кестен болды [астан-кестені шықты]**. а) *Ойран-топыры шықты, быт-шыт болды.* ә) *Алай-түлей, ұйқы-тұйқы болды.* б) *Бұлқан-талқан болды, ашуланды.* **Астан-кестен етті [қылды]**. *Ойран-топырын, быт-шытын шығарды, тас-талқан етті.*

**АСТАҢ-КЕСТЕҢ** үст. сөйл. ***Астан-кестен.***

**АСТАПЫРАЛДА** од. сөйл. ***Астапыралла.***

**АСТАПЫРАЛЛА** [ар. استغفر الله] од. діни. *Шошыну кезінде, жағымсыз жайды көргенде, не естігенде Құдай өзі кешірсін деген мағынада қолданылатын сөз.*

**АСТАР** [ир. آستر] зат. **1**. *Сырт киім, көрпе, аяқкиім, белдік сияқты мата, тері және т. б. материалдардан істелген заттардың ішкі беті.* **2**. *Қабат, қыртыс.* **3**. анат. <лат. intima> *Артерия, көктамыр, қан және лимфа тамырларының ішкі қабаты.* **4**. ауыс. *Белгілі бір себептен сыртқа ашық айтылмаған сыр; құпия.* **5**. сәул. *Қабырғаның сырлауға дайындалған бетіне бірінші қабат ретінде жағылатын құрам.* **6**. ауыс. *Түп төркін, негіз, мазмұн.*

**Астар болмады**. а) *Сыңары бола алмады.* ә) *Тең келмеді, сай келмеді.* **Астар болмайды [бола ала ма?]**. *Сыңары емес, тең келмейді.* **Астары бар, тысы жоқ**. бейн. *Күшті болып көрінуге тырысып жүретін әлсіз, аузымен орақ*

*оратын пысықай (адам).* **Астарына да келмеді**. ж е р г. *Деңгейіне жетпеді, ширегіне келмеді.* **Астарын айналдырды**. *Болған істің өңін айналдырды, теріске бұрды.*

**АСТАРДАЙ** с ы н. *Астар тәрізді, астар сияқты.*

**АСТАРҚАБАТ** з а т. а н а т. <грек. endokardium, endom – ішкі, kardia – жүрек> *Жүректің ішкі қабығы.*

**АСТАРЛА=** е т. **1**. *Сырткиім, аяқкиім, төсек жабдықтары т.б. тері не матадан жасалған заттарға астар салу, астар тігу.* **2**. *Қосымша қабат жасау, қабаттау.* **3**. а у ы с. *Ойын, дітін ашық айтпай, жұмбақтап, тұспалдап жеткізу.*

**АСТАРЛАН=** е т. **1**. *Сырткиімге, аяқкиімге астар салыну, тігілу.* **2**. *Қабаттасу, бірінің үстінен бірі түсу.* **3**. а у ы с. *Ішкі мағына алу, жасырын берілу.*

**АСТАРЛАС** с ы н. *Негізі бір, желілес, түбірлес, тектес, мәндес.*

**АСТАРЛАС=** е т. **1**. *Көрпеге астар салысу.* **2**. *Қабаттасу, қат-қабат келу, сабақтасу.* **3**. а у ы с. *Ұласу, ұштасу.* **4**. а у ы с. *Жең ұшынан жалғасу, астыртын бірлесу.*

**АСТАРЛАСТЫР=** е т. *Бірінің астына бірін қою, қабаттастыру.*

**АСТАРЛАСТЫРУШЫ** з а т. *Байланыстырушы, жақындастырушы.*

**АСТАРЛАСТЫРЫЛ=** е т. *Байланыстырылу, қабаттастырылу.*

**АСТАРЛАТ=** е т. **1**. *Сырт киімге астар жасатып салу.* **2**. а у ы с. *Жұмбақтап, жанамалап, тұспалдап жеткізу.*

**АСТАРЛАТУ** *Астарлат етістігінің қимылатауы.*

**АСТАРЛАУ**[1] з а т. ә д е б. *Сөздің тура, өз мағынасында емес, ауыспалы, астарлы, бейнелі мәнде жұмсалуы, метафора.*

**АСТАРЛАУ**[2] *Астарла етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Киім, аяқкиім, көрпе т . б. тері не матадан істелген заттарға астар салу.*

**АСТАРЛЫ** с ы н. **1**. *Астары бар, астар салынған.* **2**. а у ы с. *Жасырын, құпия.* **3**. а у ы с. *Жұмбақты, тұспалды, терең мәнді.*

**Астарлы ой**. *Көркемделіп, бейнелі түрде жеткізілген жасырын ой.* **Астарлы сөз**. а) ж а ғ ы м д ы. *Терең мәнібар, бейнелі, тұспалды сөз.* ә) ж а ғ ы м с ы з. *Жүйесіз, түсініксіз, шұбалаңқы сөз.*

**АСТАРЛЫҚ** с ы н. *Астар жасайтын, астар боларлық, астарға жарайтын.*

**АСТАРСЫЗ** с ы н. **1**. *Астар салынбаған, астары жоқ.* **2**. а у ы с. *Қалтқысыз, бүкпесіз, тұспалсыз.* **3**. а у ы с. *Үстіртін, байланыссыз, терең мәнсіз.*

**Астарсыз эмальдар.** х и м. *Астар жасамай-ақ жалатылатын эмальдар.*

**АСТАРША** з а т. *Заттың ішкі бетіне салынатын жұқа қабатша.*

**АСТАС**[1] с ы н. *Тығыз байланысты, орайлас.*

**АСТАС**[2] с ы н. *Дәмдес, тұздас.*

**АСТАС=** е т. **1**. *Бірігу, түйісу, жалғасу.* **2**. *Тұтасып кету, ұштасу, ұласу.* **3**. а у ы с. *Өзара бірігу, біте қайнасу, қабысу, ұндесу, ұқсасу.* **4**. *Тығыз қарым-қатынаста болу, етене жақындасу.*

**АСТАСТЫР=** е т. **1**. *Өзара байланыстыру, қабыстыру, ұштастыру.* **2**. *Үйлестіру, ұндестіру.*

**АСТАСТЫРУ** *Астастыр етістігінің қимылатауы; байланыстыру.*

**АСТАСУ** *Астас етістігінің қимыл атауы; үйлесу, ұндесу.*

**Астасу белгілері**. г е о л. *Геологиялық денелердің жапсарласу ерекшеліктерін нақтылайтын мәліметтер жиынтығы.*

**АСТАТ** [лат. astatos] з а т. х и м. *Атомдық нөмірі 85, массалық сандары 196–219 аралығында болатын химиялық элемент (At).*

**АСТА-ТӨК** с ы н. *Ағыл-тегіл, көл-көсір.*

**Аста-төк сый-құрмет**. *Көл-көсір дастарқанды, кеңпейілді адамның көрсеткен сый-сияпаты.*

**АСТА-ТӨКТЕН=** е т. *Күші тасу, белсене шығу.*

**АСТАУ** з а т. **1**. *Ағаштан ойып жасалған ыдыс, тегеш.* **2**. ж е р г. *Дастарқанға ет тартылатын үлкен еттабақ.* **3**. *Мал суаратын ыдыс, науа.* **4**. т е х. *Техникалық механизмдердің астау тәрізді бір бөлігі.* **5**. а у ы с. *Өзеннің немесе құдықтың су толатын ернеуі.*

**Астау бел**. *Төңкерілген астаудай дөңкиген таудың қырқасы.* **Астау желін.** *Сүтті сиырлардың сауылғаннан кейін босап, терісі жиырылған желіні.* **Астау жон**. *Төңкерілген астау тәрізді жұмыр, дөңес қырат жер, жота.* **Астау ой**. *Ойығы кең, астаудың шұңғылы сияқты ойпат жер.*

**АСТАУБАС** з а т. т ү й е ш а р. *Біртуманың ішіндегі сүйегі ірі еркек нар.*

**Астаубас шер**. *Бір туар нардың ішіндегі ірі, сүйектісі.*

**АСТАУДАЙ** с ы н. **1**. *Астау сияқты, астау тәрізді.* **2**. *Дөңкиген, ебедейсіз, қолапайсыз.*

**АСТАУЛА=** е т. *Астау-астау ету, аста-төктену.*

**АСТАУЛАН=** е т. **1**. *Түйе қомының доғалданып, жұмырланып келуі.* **2**. а у ы с. *Жұмырлану, дөңестену.*

**АСТАУЛЫ** с ы н. *Астауы бар, астау тәрізді.*

**Астаулы пеш**. к е н. *Термиялық не химиялық өңдеу кезінде металл бұйымдарды сұйық ортада қыздыруға арналған электрлік не жалынды пеш.*

**АСТАУША** з а т. **1**. *Астаудан гөрі кішірек ыдыс.* **2**. *Малға су, жем беретін кішкене науа.* **3**. т е х. *Техникалық механизмдердің формасы астау тәрізді болып келетін белгілі бір қызметі бар бір бөлігі.*

**АСТАУШАЛА=** е т. *Жұмырлау, сопақша пішінге келтіру, астауға ұқсату.*

**АСТАУШЫҚ** з а т. т е х. *Техникалық механизмдердің астау тәрізді бір бөлшегі, кішкене науаша.*

**АСТЕНИЯ** [грек. astheneia] з а т. п с и х о л. *Өте қатты шаршап шалдығу, жадап жүдеу, көңіл-күйдің тұрақсыздығының ақырғы шегі, ұйқының бұзылуы кезінде байқалатын жүйкелік-психологиялық әлсіздік.*

**АСТЕНОЛИТ** [грек. asthenes – осал, lithos – тас] з а т. а с т р. *Шартты түрде планетаның көлденең қимасының жоғары мантиясы (атмосфера қабаты) деңгейінен жер қыртысы өңіріне дейін көтерілген күмбез тектес тектоникалық құрылым.*

**АСТЕНОПИЯ** [ грек. asthenes – әлсіз, opxs – көз] з а т. м е д. *Көру қабілетінің әлсіреуі, көздің жылдам шаршауы.*

**АСТЕНОСФЕРА** [грек. asthenes – әлсіз, sphaira – шар] з а т. г е о л. *Жер шарының жоғарғы мантиясындағы қаттылық, беріктік және тұтқырлық қасиеті төмен қабат, литосфера төсеніші.*

**АСТЕРИКС** [франц. asterisque ] з а т. л и н г в. *Сөздің, морфеманың, сөзтұлғаның алдында қойылатын (), реконструкцияланған тілдік бірлікті белгілейтін графикалық белгі.*

**АСТЕРОИД** [asteroid] з а т. а с т р. *Күн жүйесіндегі кішкене планета.*

**АСТМА** [грек. asthma] з а т. м е д. ***Демікпе.***

**АСТМАТОЛ** з а т. м е д. *Демікпеге қарсы қолданылатын дәрі.*

**АСТОДАН** з а т. *Өліктің денесін сақтайтын тас табыт.*

**АСТРА** [грек. astron] з а т. ө с. *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, ешбір иісі жоқ, түрлі түсті, ірі-ірі гүлдері бар сәндік өсімдік, қашқаргүл.*

**АСТРАГАЛ** [лат. astragalos] з а т. ө с. *Бұршақ тұқымдастарына жататын өсімдіктердің бір туысы.*

**АСТРО**... *Мағынасы жағынан «жұлдыз» сөздерімен байланысатын күрделі сөздің бірінші сыңары.*

**АСТРОАНАТОМИЯ** з а т. а с т р. *Адамның анатомиялық түзілуін аспан жарықтарының, Зодиак белгілерінің орналасуына сәйкес зерттейтін астрологияның бір бөлігі.*

**АСТРОБИОЛОГИЯ** [грек. astron – жұлдыз, bios – өмір, logos – ілім] з а т. ғ ы л. *Ғаламдағы ғарыштық денелердің тіршілік белгілерін табу мен өмір сүруін зерттейтін биология саласы.*

**АСТРОБЛЕМА** [грек. astron – жұлдыз, blema – жара] з а т. г е о л. *Жасынтастардың (метеориттердің) құлаған жерінде пайда болатын дөңгелек ойыстар, жасынтас тостағаны.*

**АСТРОБОТАНИК** з а т. *Аспан денелерінде өсімдік дүниесінің болуын зерттеуші.*

**АСТРОБОТАНИКА** [грек. astron – жұлдыз, botanike – өсімдік] з а т. ғ ы л. *Аспан денелерінде өсімдіктер дүниесінің болуын тексеретін ғылым.*

**АСТРОГЕОЛОГИЯ** [грек. astron – жұлдыз, грек. ge – жер, logos – ілім] з а т. г е о л. *Жердің геологиялық тіршілігінің космостық факторларға тәуелділігін, сондай-ақ жер тобындағы планеталардың (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс) және айдың құрылымы мен құрамын салыстырмалы түрде зерттейтін ғылыми пән.*

**АСТРОГНОЗИЯ** [грек. astron – жұлдыз, gnosis – білім] з а т. а с т р. *Жұлдызды аспанға қарап мекенді білу және жұлдызға қарап уақыт пен орынды анықтау.*

**АСТРОГРАФ** [грек. astron – жұлдыз, graphy – жазамын] з а т. а с т р. *Аспан денелерін суретке түсіруге арналған астрономиялық аспап.*

**АСТРОДАТЧИК** ор. з а т. а с т р. *Белгілі бір жұлдызға немесе жарық планетаға қарап бағыт дұрыстығын анықтау үшін ұшу аппаратының немесе кеменің бортына орнатылатын құрылғы.*

**АСТРОДИНАМИКА** [грек. astron – жұлдыз, dunamikos – күшті] з а т. ғ ы л. *Жасанды аспан денелерінің қозғалысын зерттеуге арналған аспан механикасының көп қолданылатын жаңа бөлімі.*

**АСТРОИДА** [грек. astron – жұлдыз, eidos – түр] з а т. а с т р. *Радиусы өз радиусынан төрт есе үлкен шеңбердің ішімен сырғанай дөңгелейтін кіші шеңбердің кез келген нүктесі сызып шығатын қисық сызық.*

**АСТРОЛОГ** з а т. ғ ы л. *Жұлдыз жорамалшы.*

**АСТРОЛОГИЯ** [грек. astron – жұлдыз, logos – сөз, ілім] з а т. ғ ы л. *Аспан шырақтарының жердегі тіршілікке және адамға әсерін тигізеді деген нанымнан туындаған ілім.*

**АСТРОМЕДИЦИНА** з а т. а с т р. *Аурудың алдын алу және емдеу әдістерін астрология мәліметтеріне негіздейтін медицина саласы.*

**АСТРОМЕТРИЯ** [грек. astron – жұлдыз, metron – өлшем] з а т. а с т р. *Астрономиядағы Жердің айналуын, аспан денелерінің нақты орналасуын және нақты уақытты анықтауды зерттейтін сала.*

**АСТРОНАВИГАЦИЯ** з а т. а с т р. *Аспан шырақтары арқылы кеменің немесе ұшақтың орналасқан жері мен бағытын анықтайтын практикалық астрономияның бір бөлімі.*

**АСТРОНАВТ** [грек. astron – жұлдыз, nautes – жүзуші] з а т. а с т р. *АҚШ және басқа да елдердегі космонавт, ғарышкер.*

**АСТРОНАВТИКА** [грек. astron – жұлдыз, naytike – теңіз] зат. ғыл. *АҚШ және басқа да елдердегі космонавтика ғылымының атауы.*

**АСТРОНАВТЫҚ** зат. сөйл. ***Космонавтық***.

**АСТРОНИМ** [грек. astron – жұлдыз, onyma – атау] зат. **1**. *Лақап аттың түрі, автордың атын жұлдызшамен белгілеу.* **2**. лингв. *Аспан денелерінің меншілес аттары.*

**АСТРОНОМ** зат. ғыл. *Астрономия ғылымының маманы.*

**АСТРОНОМИЯ** [грек. astron – жұлдыз, nomos – заң] зат. ғыл. *Аспан денелерінің құрылысы, дамуы және тұтас ғалам жайындағы ғылым.*

**АСТРОНОМИЯЛЫҚ** сын. *Астрономияға тән, астрономияға қатысты.*

**Астрономиялық бірлік**. астр. *Жер мен Күннің орташа арақашықтығына тең астрономиялық ұзындық бірлігі.* **Астрономиялық компас**. геогр. *Аспан шырағының орнын үздіксіз қадағалап отыруға арналған түсбағдар.* **Астрономиялық құралдар**. астр. *Астрономиялық бақылауларға және оларды өңдеуге арналған құрал-жабдықтар.* **Астрономиялық сағат**. астр. *Жүрісі дәл және астрономиялық бақылауларда қолданылатын сағат.* **Астрономиялық таңбалар**. астр. *Астрономиялық әдебиеттер мен күнтізбеде қолданылатын шартты белгілер.*

**АСТРОНОМИЯЛЫҚ-ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ: астрономиялық-геодезиялық тор.** астр. *Орны астрономиялық геодезиялық координаттар жүйесінде анықталатын аспан шырақтарының және Жер бетіндегі тірек нүктелерінің жиынтығы.*

**АСТРОФИЗИК** зат. ғыл. *Астрофизика маманы.*

**АСТРОФИЗИКА** [грек. astron – жұлдыз, physike – табиғат] зат. ғыл. *Аспан денелері мен жұлдызаралық материяның табиғатын, химиялық құрамын және оларда өтетін процестерді зерттейтін ғылым.*

**АСТЫ** зат. **1**. *Заттың үстіне қарама-қарсы жағы, беті.* **2**. *Белесті жердің баурайы, арғы жақ бетінің төменгі тұсы.* **3**. *Жаңбыр, бұршақ, түтін, оқ, шаң, боран, жел тәрізді заттардың маңы, арасы, іші.* **4**. *Қағаз, кітап бетінің төменгі жағы.* **5**. *Іші, ішкі жағы.* **6**. ауыс. *Мінген көлігі (ат, мәшине туралы).*

**Астыма біткен.** *Мінген, көлік еткен, мініп жүрген.* **Астына алды**. *Бір нәрсенің тездеуін тіледі, асықтырды, бастырмалатты.* **Астына басты**. *Жерге жаншыды, жұмарлады.* **Астына жорға мінгізді, үстіне торқа кигізді.** *Бағып-қақты; сыйлап күтті, қадірледі.* **Астына жіберді.** *Дәретке отырды, былғады.* **Астына көпшік қойды**. *Орынсыз мадақтап біреуді есіртті, мақтады, қолпаштады.* **Астын ала**. *Астыңғы жағымен, төмендете.* **Астына мамық төсесің [төсесе де].** *Неше қабат жылылап көрпе салса да, бәрібір деген мағынада.* **Астынан идіру**. малшар. *Төлін емізе отырып, идіріп сауу.* **Астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды.** *Құғынға ұшыратты, ұркітті, түрлі бәлені көрсетті, үрейін ұшырды.* **Астынан су шыққандай**. *Асығыс, қарбалас болып, байыз таппаған күйде.* **Астына түсті.** *Жүріп келе жатқан көліктің доңғалағына қағылды.* **Астында қалды**. *Қарық болды, белшесінен батты, кенелді.* **Асты үст болды**. *Астан-кестеңі шықты, ойран-топыры шықты.* **Астын үстіне келтірді [шығарды]**. *Ойран-топырын шығарды, быт-шыт етті, бей-берекетін шығарды.*

**АСТЫҚ** зат. **1.** *Бидай, тары, арпа, сұлы, күріш, жүгері, тағы басқа дәнді дақылдың жалпы аты.* **2.** жерг. *Бидайдың ұны.*

**Астық бастырды**. егіншар. *Дәнді дақылды сабағынан, масағынан, қауызынан бөлді.* **Астық бастыру**. егіншар. *Астық жинаудың дәнді дақылдарды масағынан, сабағынан, қауызынан ажыратудан тұратын бір кезеңі.* **Астық бітесі**. зоол. <лат. toxoptera graminum> *Көк немесе сарғыш сұр түсті, дәнді дақылдарды зақымдайтын ұсақ жәндік.* **Астық дақылдары.** егіншар. *Астық тұқымдасына жататын ауылшаруашылық т.б. мақсатта арнайы өсірілетін өсімдік.* **Астық дақылдарының зиянкестері.** зоол. *Астық өнімдерін күзде тасығанда және қыста сақтау кезінде зақымдайтын зиянкестер.* **Астық дариясы.** поэт. *Мол, шексіз кең егін алқабы.* **Астық кептіру**. егіншар. *Әрқайсысының физикалық, физиологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне және сақталу мерзіміне қарай әртүрлі тәсілмен масақты дақылдардың дәніндегі артық ылғалды жою.* **Астық қандаласы**. зоол. <лат. trigonotyhis ruficornis> *Дәнді дақылдарды зақымдайтын зиянды жәндік.* **Астық қоймасы**. *Астықты сақтауға арналған орын.* **Астық қоңызы**. зоол. <лат. anisoplia agricola> *Дәнді дақылдарды зақымдайтын қоңыз түрі.* **Астық құйды**. поэт. *Дәнді дақылдарды өткізді, жинап әкеп төкті.* **Астық масасы**. зоол. <лат. mayetiola destructor> *Галмиз тұқымдасына жататын, дәнді дақылдарды зақымдайтын ұзын мұртты маса.* **Астық саудасы**. экон. *Дүние жүзі елдері арасындағы астық экспорты мен импорты.* **Астық сүлікшесі**. зоол. <лат. lema melanorus> *Жапырақ жемірлері тұқымдасына жататын қоңыз; дәнді дақылдар зиянкесі.* **Астық тартты**. *Дәнді дақылдарды бір жерден екінші жерге тасыды, апарды.* **Астық тұқымдасы**. бот. <лат. gramineal> *Барлығы дерлік шөптесін, кейбіреуі ғана бұта не ағаш болып келетін дара жарнақты өсімдіктер тобы.* **Астық шаруашылығы**. *Дәнді дақылдарды өндіру жүйесі; егіншілік кәсібінің ең күрделі саласының бірі.*

**АСТЫҚАҒАШ** зат. өс. <лат. artocarpus integrifodia> *Тұт ағашы тұқымдасына жататын, гүлдері бірүйлі, жемістері ірі болатын сүректі өсімдік.*

**АСТЫҚЖАҚСАРТҚЫШ** сын. *Астық сапасын арттыратын, жоғары сапалы (астық).*

**АСТЫҚКЕПТІРГІШ: астыққептіргіш мәшине**. егіншар. *Астық кептіруге арналып жасалған техникалық құрал, ауылшаруашылық мәшиненің бір түрі.*

**АСТЫҚСЫЗ** сын. *Астығы жоқ, дәнсіз, азықсыз, жемсіз.*

**АСТЫҚТАЙ** үст. *Астық түрінде, астық күйінде.*

**АСТЫҚТЕСКІШ** зат. зоол. <лат. stegolium paniceum> *Қатты қанаттылар отрядына жататын тескіш қоңыздар тұқымдасының өкілі.*

**АСТЫҚТИЕУІШ: астықтиеуіш мәшине**. егіншар. *Астық тиеуге арналып жасалған құрал, ауылшаруашылық мәшиненің бір түрі.*

**АСТЫҚТЫ** сын. *Дәнді дақылдары мол, астығы көп.*

**АСТЫҚХАНА** зат. *Астық жинайтын, сақтайтын орын, қойма.*

**АСТЫҚШЫ** зат. *Астық жинаушы.*

**АСТЫЛЫ-ҮСТІЛІ** үст. **1**. *Қос қабатты.* **2**. *Бірінің үстіне бірін.*

**АСТЫН-ҮСТІН** үст. *Қалай болса солай, бейберекет; жоғары-төмен.*

**Астын-үстін аударылды**. *Опыр-топыры шықты, астан-кестені шықты.* **Астын-үстін етті [аударды].** *Опыр-топырын шығарды, астан-кестен қылды.*

**АСТЫҢҒЫ** сын. **1**. *Төменгі, аяққы.* **2**. *Заттың үстіңгі жағына қарама-қарсы.*

**Астыңғы ерін**. анат. <лат. iabium inferius> *Адамның, жануардың үстіңгі ерінге қарама қарсы бөлігі.* **Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп.** фольк. *Ауыз әдебиетінде кездесетін жүйрік атқа қатысты айтылатын әсірелеудің бір түрі.*

**АСТЫР¹**= ет. *Тамақ салғызу, ет пісірту.*

**АСТЫР²**= ет. *Іліп қойғызу, дарға асқызу.*

**АСТЫР³**= ет. сөйл. *Асырып жіберту, бір межеден, бір нәрседен асқызу.*

**АСТЫРТ**= ет. *Қазан көтерттіру, ас дайындату.*

**АСТЫРТ¹** зат. *Таудың етегінен төмен көлденең жазықтық.*

**АСТЫРТ²** үст. сөйл. ***Астыртын***.

**АСТЫРТТА** зат. *Таудың етегінен төмен көлденең жазықтық.*

**АСТЫРТЫН** үст. *Жасырын, құпия, жанға білдірмей.*

**Астыртын жұмыс.** *Жасырын, құпия істелген саяси жұмыс.* **Астыртын мағына**. филол. *Мәтінде көрінетін немесе ауыспалы мағына; ауыспалы бейнелеу.* **Астыртын ұйым**. саяси. *Ресми рұқсат етілмегендіктен, жасырын түрде құрылған әлеуметтік, саяси, әскери т.б. сипаттағы мақсатқа ұйымдасқан адамдардың тобы.*

**АСТЫРУ¹** *Астыр¹ етістігінің қимыл атауы; ет пісірту, қазанға ет салғызу.*

**АСТЫРУ²** *Астыр² етістігінің қимыл атауы.*

**АСТЫ-ҮСТІ** зат. *Бір заттың астыңғы жағы мен үстіңгі жағы.*

**Асты-үстіне келтірді**. *Астан-кестен қылды, бейберекет етті, ойран-топырын шығарды.* **Асты-үстіне түсті.** *Құрдай жорғалап құрметтеді, әлпештеді, көңілін аулады, жаны қалмай күтті.* **Асты-үстіне шығарды**. *Үйқы-тұйқысын шығарды, астан-кестен қылды.* **Асты-үстіне шықты**. *Үйқы-тұйқысы шықты, астан-кестен болды.* **Асты-үстін қазды [қазбалады].** *Егжей-тегжейіне дейін тәптіштеп ежіктеді.* **Асты-үстін қақтады [айналдырды].** *Жер-жебіріне жете қатты сөкті, ұрысты.*

**АСУ¹** зат. **1**. *Тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері; белес.* **2**. ауыс. *Өмір өткелдері, өмір кезеңдері.*

**Асу бермеді**. а) *Жол бермеді, өткізбеді.* ә) *Қол жеткізбеді, мүмкіндік бермеді.* **Асу салды.** *Таудан жол, өткел салды.*

**АСУ²** *Ас етістігінің қимыл атауы; дарға не басқа бір нәрсеге іліп өлтіру.*

**АСУ³** *Ас етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Белгілі бір жерден, өткелден өту.* **2**. *Арту, өсу, көтерілу.*

**АСУ-АСУ** сын. *Белес-белес, қырқа-қырқа.*

**Асу-асу бел.** *Бірінен соң бірі тізбектеліп, ұласып жатқан қырқа, жалдар.*

**АСУ-БЕЛЕҢ** зат. ауыс. *Өмір баспалдақтары, болашақ.*

**АСУ-БЕЛЕС** зат. ауыс. *Замана, кезең, жылдар.*

**АСУДА-АСУ** сын. көне. фольк. *Асу-асу.*

**АСУДАЙ** сын. *Асу тәрізді, асу сияқты.*

**АСУ-ҚИЯ** зат. *Асуы да, қиясы да бар белелестер.*

**АСУЛАП** үст. *Асу-асумен, белестердің үстімен.*

**АСУЛЫ¹** сын. **1**. *Асуы бар, асуы көп.* **2**. ауыс. *Азабы мол, қиындығы көп.*

**АСУЛЫ²** сын. *Ілулі, қыстырулы, орнатулы.*

**Асулы қазан, тігулі үй**. *Бәрі дайын, сайманы түгел.*

**АСУСЫЗ** сын. *Асуы жоқ.*

**АСҮЙ** зат. **1**. *Ас пісіріп, дайындауға арналған үй, үйдің бөлмесі.* **2**. *Түрлі азық-түлік т.б. сақтауға арналған үй.*

**АСҮЙЛІК** сын. *Асүйге арналған.*

**Асүйлік комбайн.** тамақ. *Ет тартуға, көкөністерді турауға т.б. арналған электрлі мәшине.*

**АСФАЛЬТ** [грек. asphaltos] **1**. зат. *Ұсақталған тас пен битум қосындысынан алынатын қара түсті смола түріндегі масса.* **2**. *Осы материал құйылып жасалған жол, көше, жаяу жол.*

**Асфальт бетон**. *Жарықшақ тас, құм, минерал ұнтақтары сияқты үстемелер мен органикалық байланыстырғыштар (битум, деготь) қоспаларынан жасалатын құрылыс материалы.* **Асфальт бетон төсеуіш**. *Асфальт бетон және басқа да битумды минерал қоспаларды төсейтін мәшине.* **Асфальт бетон шылауыш**. *Асфальт бетон және басқа битумды минерал қоспалар өндіретін қондырғы.*

**АСФАЛЬТЕН** зат. геол. *Қара немесе түсті, қатты, балқымайтын жоғары молекулярлық заттек.*

**АСФАЛЬТСЫЗ** сын. *Асфальт төселмеген, асфальты жоқ.*

**АСФАЛЬТИТ** [грек. asphaltites] зат. геол. *Жер бетінде немесе аздаған тереңдіктердегі мұнайдың өзгеру нәтижесінде түзілетін қатты табиғи битумдар тобы.*

**АСФАЛЬТТА**= ет. *Асфальт жаю, төсеу.*

**АСФАЛЬТТАЛ**= ет. *Асфальт төселіп, жол салыну.*

**АСФАЛЬТТАЛУ** *Асфальттал етістігінің қимыл атауы.*

**АСФАЛЬТТАН**= ет. *Жолға асфальт төселу, салыну.*

**АСФАЛЬТТАТ**= ет. *Көшеге, жүрер жолға асфальт төсеттіру.*

**АСФАЛЬТТАТУ** *Асфальттат етістігінің қимыл атауы.*

**АСФАЛЬТТАУ** *Асфальтта етістігінің қимыл атауы.*

**АСФАЛЬТТӨСЕГІШ** зат. *Асфальт төсейтін мәшине.*

**АСФАЛЬТТЫ** сын. *Асфальты бар, асфальт төселген; теп-тегіс.*

**АСФАЛЬТ-ШАЙЫР** сын. геол. *Асфальтты, әрі шайырлы.*

**АСФАҺАН: Асфаһан қылыш**. көне. *Асфаһан қаласында жасалған сапалы, алмас қылыш.*

**АСФАҺАНДЫ** сын. сөйл. ***Асфаһани***.

**АСФАҺАНИ** сын. *Асфаһан қаласында жасалған, Асфаһанда істелген.*

**АСФЕН** зат. мед. *Аспирин мен фенацетиннің қосындысынан жасалатын дәрі.*

**АСФИГМИЯ** зат. мед. *Акротизм, тамыр соғуының саусақпен анықталмауы.*

**АСФИКСИЯ** зат. мед. *Қан және ұлпаларда оттегінің жетіспеушілігінен тыныстың тарылуы (бұл қан айналымының нашарлап, дем ала алмаумен сипатталады).*

**АСХАБ** зат. діни. *Ислам дінін қабылдаған Мұхаммед пайғамбардың серіктері.*

**АСХАНА** [ир. اش خانه] зат. *Көпшілік тамақтанатын орын.*

**АСХАНАЛЫҚ** сын. **1**. *Асханаға арналған, тамақтанатын.* **2**. *Тағамдық, тамаққа пайдаланылатын.*

**Асханалық қызылша.** өс. *Тамыржемісі күрең-қызыл түсті, тағам ретінде пайдаланылатын бақша өсімдігі.*

**АСХАНАШЫЛЫҚ** зат. *Асханашы болушылық.*

**АСЦИДИЯ** [грек. askidion] зат. зоол. *Личинка хордалылар немесе қабықшалылар тип тармағына жататын хордалы теңіз жануарлары.*

**АСЦИТ** [грек. askos] зат. мед. *Сары сулы (сероздық) сұйықтықтың іш қуысына жиналуы.*

**АСША** үст. **1**. *Ас сияқты, астай, ас тәрізді.* **2**. *Ас беру секілді, ас беру тәріздес.*

**АС-ШАЙ** зат. *Жеңіл-желпі тағам.*

**АСШЫ** зат. сөйл. ***Аспаз***.

**АСЫ** зат. діни. *Құдай алдында күнә- кар болушы, күнә жасаушы, күнә арқалаушы.*

**Асы болды**. *Құдайға күнәкар болды, асылық етті.*

**АСЫҒА-АПТЫҒА** үст. сөйл. ***Асығып-аптығып***.

**АСЫҒА-ҮСІГЕ** үст. сөйл. *Асығып-үсігіп.*

**АСЫҒУ** *Асық етістігінің қимыл атауы; шапшаңдату, тездету.*

**АСЫҒУЛЫ** сын. сөйл. *Асыға күтулі, асық, құштар.*

**АСЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Тездетушілік, асығып-үсігушілік, қарбаластық.*

**АСЫҒЫП-АПТЫҒЫП** үст. *Асығып-үсігіп, сасқалақтап.*

**АСЫҒЫП-АПТЫҚ**= ет. *Асып-састы, жылдамдатты.*

**АСЫҒЫП-САСЫП** үст. сөйл. ***Асып-сасып***.

**АСЫҒЫП-ҮСІГІП** үст. *Асып-сасып, жылдамдатып, тездетіп.*

**АСЫҒЫС** үст. **1**. *Жылдам, шапшаң, тез.* **2**. *Қарбалас, қауырт, суыт, шұғыл.*

**Асығыс болды**. *Уақыт жетпеді, шұғыл болып қалды.*

**АСЫҒЫС**= ет. *Қарбаласу, жанталасу, асығып-үсігу.*

**АСЫҒЫССЫЗ** сын. *Жай, шабан, ақырын.*

**АСЫҒЫСТА**= ет. *Тездету, шапшаңдату.*

**АСЫҒЫСТА** үст. *Қапылыста, тығыз-таянда, қарбаласта.*

**АСЫҒЫСТАН** үст. *Асып-сасқандықтан, қарбаластықтан.*

**АСЫҒЫСТАН**= ет. *Іс-әрекетті, қимылды тездету, шапшаңдату.*

**АСЫҒЫСТАУ** сын. *Шұғылдау, үстірттеу, шапшаңдау.*

**АСЫҒЫСТЫҚ** зат. **1**. *Уақыттың тығыз болушылығы, қарбаластық.* **2**. *Ойланбаушылық, шыдамсыздық, шапшаңдық.*

**Асығыстық жасады**. *Шыдамсыздық танытты, асықты.*

**АСЫҒЫС-ҮСІГІС** үст. *Асып-сасып, асығып-аптығып.*

**АСЫҚ**[1] зат. **1**. анат. *Малдың және басқа жан-жануарлардың сирағы мен сан жіліктерін жалғастыратын, бір жағы қуыс, бір жағы дөңес төрткіл топса сүйек.* **2**. этн. *Балалардың үйіріп, шиырып, атып ойнайтын ойында қолданылатын қойдың асығы.* **3.** *Балалардың қой асығын шиырып, атып ойнайтын ойыны.*

**Асығы алшысынан түсті [түрды].** *Ойдағысы орындалды, дегені болып тұр, жолы болды, сәті түсті.* **Асығын алшы нірді**. *Істің сәті түсті, оңтайы келді.* **Асығы түгел**. *Есебі түгел, тасы өрге домалап тұр, шаруасы орнында.* **Асық атты**. *Асықпен ойнады, сақамен асықты ұрды.* **Асық жамбы**. зерг. *Асықтың үлкендігіндей етіп құйған таза күміс.* **Асық жілік**. а) анат. <лат. tibia> *Жануарлардың артқы аяғындағы ортан жіліктен төменгі сүйек, жоғарғы жағынан ортан жілікпен, төменгі жағынан жіліншікпен түйіскен асығы бар сан жілік.* ә) этн. *Бастабаққа жамбаспен қоса салынатын кәделі мүше; асырап алған ұлға ұстататын жілік.* **Асық иірді.** *Асықты (сақаны) алшысынан, не тәйкесінен түсіру үшін шиырды.* **Асық ойыны**. этн. *Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны.* **Асық ұтыс**. бейн. *Өзгермелі, тұрақсыз қарым-қатынас.*

**АСЫҚ**[2] сын. **1**. поэт. *Ғашық.* **2**. *Құштар, ынтық.*

**Асық болды**. а) *Зар болды, құмартты.* ә) *Тездеуін қалады, асықты.*

**АСЫҚ**[3] сын. поэт. *Өзгелерден өзгеше, артық, ерен.*

**АСЫҚ**= ет. **1**. *Жылдам қимылдау, шапшаңдату, тездету.* **2**. ауыс. *Ынтығу, құмарту, сабырсыздану, талпыну, талаптану.*

**АСЫҚҚАНСЫ**= ет. *Асыққан түр көрсету, асыққан болу.*

**АСЫҚҚЫШ** сын. *Сабырсыз, шыдамсыз.*

**АСЫҚПАЙ-АПТЫҚПАЙ** үст. *Аспай-саспай, аптықпай.*

**АСЫҚПАЙ-САСПАЙ** үст. *Аспай-саспай, жайбарақат, баппен.*

**АСЫҚТА=** ет. қолөнер. *Киім т.б. көмкеру, жиектеу.*

**АСЫҚТАЙ**[1] сын. **1**. *Асық сияқты, асық тәрізді.* **2**. *Асықтың үлкендігіндей, кішкентай.*

**Асықтай иірді.** *Билеп-төстеді, дегенін істетті.* **Асықтай үйірді**. *Дөңгелентіп әкетті.*

**АСЫҚТАУ** сын. *Артықтау, өзгешелеу.*

**Асықтау айтты.** *Әсірелеп, артық айтты.*

**АСЫҚ-ТОПАЙ** зат. этн. *Балалардың жаздыгүні ойнайтын ойыны.*

**АСЫҚТЫҚ** зат. сөйл. ***Ғашықтық***.

**АСЫҚТЫР**= ет. **1**. *Дегбірін қашыру, тағатын алу, тағатсыздандыру.* **2**. *Жылдамдаттыру, тездеттіру.*

**АСЫҚТЫРУ** *Асықтыр етістігінің қимыл атауы; жылдамдаттыру, тездеттіру.*

**АСЫҚША** үст. *Асық тәрізді, асыққа ұқсап.*

**Асықша атты**. *Опыр-топырын шығарды.* **Асықша үйірілді**. *Есі кете қызықты.*

**АСЫҚШЫЛАП: асықшылап тігу.** қолөнер. *Жас балалар киетін жадағай шетін жиектеп, көмкеріп тігу.*

**АСЫЛ**[1] зат. спорт. *Араб тұқымды, өте бағалы таза қанды сәйгүлік.*

**АСЫЛ**[2] [ар. أصل] сын. **1**. *Қымбат, бағалы, құнды, таза.* **2**. *Өте қатты, майрылмайтын (құрыш, болат т.б.).* **3**. *Шұрайлы, құнарлы, жұғымды, күшті.* **4**. ауыс. *Қайратты, қажырлы, сүйегі берік, мықты.* **5**. ауыс. *Бір нәрсенің ең керектісі, таңдаулысы, жақсысы.* **6**. ауыс. *Жақсы, киелі.* **7**. ауыс. *Қымбат, қимас.* **8**. ауыс. *Ардақты, қадірлі, ақыл-парасаты мол.*

**Асыл арман**. *Ең қастерлі арман.* **Асыл бейне**. поэт. *Аса қымбат, қадірлі, сүйікті жан.* **Асылдың сынығы.** а) *Текті ұрпақ.* ә) *Жақсының көзі, ұрпағы.* **Асылдың сынығы, шұғаның қиығы**. *Жақсыдан қалған жұрнақ, белгі; жақсы адамдардың ұрпағы.* **Асылдың тұқымы**. *Тектінің ұрпағы, жақсының жалғасы.* **Асыл жан**. поэт. *Қымбатты, ардақ тұтатын кісі.* **Асыл жар**. поэт. *Өмірлік аяулы қосақ.* **Асыл жүрек**. поэт. *Пәк, таза, жаны жайсаң (адам).* **Асыл зат**. *Тәрбиелі, ақылды, ардақты адам.* **Асыл қан**. *Киелі, текті ұрпақ.* **Асыл мата.** *Құнды, бағалы кездеме.* **Асыл металдар**. кен. *Алтын, күміс, платина және осы топтың металдары.* **Асыл [өлмес] мұра.** *Кейінгі ұрпаққа қалдырған аса қымбат қастерлі мұра.* **Асыл перзент.** экспр. *Бала, ұл.* **Асыл сезім.** поэт. *Адамның қадір тұтып, ерекше қастерлейтін көңіл толғанысы.* **Асыл сөз**. поэт. *Мәнді, ойлы, саналы айтылған сөз.* **Асыл тас**. а) *Қымбат, бағалы тас.* ә) ауыс. *Қадірлі, қымбатты, қасиетті.* **Асыл тек [тек-ті].** а) *Асыл тұқымды.* ә) *Текті ұрпақ.* б) *Ардақты, қымбатты.* **Асыл туған**. *Текті, елден ерек.* **Асыл тұқым [тұқымды].** а) *Тұқымы таза, жақсартылған будан.* ә) *Асыл текті, жақсы-*

*ның жұрнағы.* **Асыл тұқымдық малшаруашылығы**. *Өнімді және таза тұқымдық мал түрлері өсірілетін ауыл шаруашылығының бір саласы.*

**АСЫЛ[1]=** ет. *Ет қайнатылу, отқа шай қойылу.*

**АСЫЛ[2]=** ет. **1**. *Бір затқа сүйену, артылу.* **2.** ауыс. жерг. *Қиылып сұрау, өтіну, жалыну.* **3**. ауыс. *Таяныш ету, тірек қылу, арқа сүйеу ету.*

**АСЫЛБІЛЕС** сын. көне. *Жарқылдаған, жалт-жұлт еткен.*

**АСЫЛДА=** ет. сөйл. *Ардақтау, қадірлеу.*

**АСЫЛДА** үст. ***Асылында***.

**АСЫЛДАЙ** сын. *Асыл сияқты, асыл тәрізді.*

**Асылдай ақ күмістен айырулы.** поэт. *Ақ күмістен айырып алған таза асылдай; көп жақсының ішінде ерекше биік тұлғадай.*

**АСЫЛДАН=** ет. *Мал тұқымының жақсарып, асыл, таза тұқымға айналуы.*

**АСЫЛДАНДЫР=** ет. **1**. *Мал басын асыл тұқымдылармен жақсарту.* **2.** ауыс. *Бейнелеу, көркемдеу.*

**АСЫЛДАНДЫРҒЫШ** сын. *Мал тұқымын жақсартқыш.*

**АСЫЛДАНДЫРУ** *Асылдандыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Мал басын асыл тұқымдылармен будандастыру арқылы жақсарту.* **2**. *Жердің, топырақтың сапасын көтеру, құнарлығын арттыру.*

**АСЫЛДЫҚ** зат. **1**. *Сүйегі мықтылық, қайраттылық, қажырлылық.* **2**. ауыс. *Қасиеттілік, артықтық, жақсылық.* **3.** ауыс. *Сапалылық, маңыздылық.*

**АСЫЛДЫР=** ет. *Бір нәрсеге арту, мойынға оралту.*

**АСЫЛЗАДА** [ир. أصيل زاده] зат. **1**. көне. *Ерте кездегі ақсүйек тұқымына жататын адам.* **2.** ауыс. *Ардақты, қадірлі, аяулы, зиялы (адам).*

**АСЫЛМА** зат. **1**. *Тіреуіш, сүйеуіш.* **2**. ауыс. *Асыла кететін, асылғыш, көрсе қызар (адам).*

**АСЫЛСЫЗ** сын. көне. *Тексіз, тегі нашар.*

**АСЫЛТ=** ет. *Ілiндіру, арту, сүйеу.*

**АСЫЛУ** *Асыл етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ілiну, жету.* **2**. *Оралу, құшақтау.*

**АСЫЛША** үст. *Асыл тәріздес, асыл сипаттас.*

**АСЫЛЫ[1]** зат. **1**. сөйл. *Шыққан тегі, нәсілі, руы, әулеті.* **2**. *Жаратылысы, болмысы, негізі.*

**Асылына тартты**. *Ата тегіне ұқсап туды; негізіне, тұқымына тартты.*

**АСЫЛЫ[2]** мод. *Тегі, сірә, заты деген мағынадағы қыстырма сөз.*

**АСЫЛЫҚ** зат. **1**. діни. *Астамшылық, Құдай алдындағы күнәкарлық.* **2**. ауыс. *Шамадан тыс артық кетушілік, кесірлік, астамшылық.*

**Асылық айтты.** *Көкірек керді, артық сөйледі.* **Асылық етті [қылды].** *Астамшылық етті, тәкаппарланып, менменсіді; артық сөйлеп, жаза басты.*

**АСЫЛЫНДА** үст. *Тегінде, задында, дұрысында.*

**АСЫМДЫҚ** сын. *Күнделікті асатындай, жейтіндей.*

**АСЫН=** ет. *Мылтық, садақ, айбалта т.б. қаруларды иыққа ілу, алу.*

**АСЫНДЫР=** ет. *Қару-жарақтандыру, иығына қару-жарақ немесе қоржын сияқты заттарды арту.*

**АСЫНДЫРУ** *Асындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АСЫНУ** *Асын етістігінің қимыл атауы.*

**АСЫНЫП-ТАРТЫНЫП** үст. *Бір жаққа шыққан адамның қажетті деген заттарының (мылтық, дүрбі, кісе, оқшантай, жанторсық, т.б.) бәрін, тамақ, сусын, көрпеше, жамылғы, т.б. салған қап-қоржындарды мойнына іліп, беліне байлап, арқасына таңып.*

**АСЫП-САС=** ет. *Асығып-үсігу, сасқалақтау, абдырау, аптығу.*

**АСЫП-САСУ** *Асып-сас етістігінің қимыл атауы.*

**АСЫП-САСЫП** үст. *Асығып-үсігіп, сасқалақтап, аптығып.*

**АСЫП-ТАС=** ет. **1**. *Өзен суының арнасынан асуы.* **2**. ауыс. *Дәулеті арту, шексіз баю.* **3**. ауыс. жағымсыз. *Молшылықты көтере алмай астамшылық жасау, дандайсу, шалқаю.*

**АСЫП-ТАСУ** *Асып-тас етістігінің қимыл атауы.*

**АСЫП-ТАСУШЫЛЫҚ** зат. *Дандайсып кетушілік.*

**АСЫП-ТӨГІЛ=** ет. *Бір нәрсенің жиегінен, ыдыс-аяқтың ернеуінен асып, артылуы, кең, мол болуы.*

**АСЫР** зат. *Ойнап-күлгендік, сайрандағандық, ойнақ.*

**Асыр салды**. а) *Жарысып, секіріп ойнақтады, шат-шадыман ойнап күлді.* ә) поэт. *Еркінсіді, бұзып-жарды, билеп-төстеді.* б) *Әлек салды, астан-кестенін шығарды, ойрандады.*

**АСЫР=** ет. **1**. *Тау-тас, дөң, белес т.б. кедергілерден өткізіп жіберу.* **2**. *Арттыру, оздыру.*

**АСЫРА[1]** үст. сөйл. *Артық қосқан, қосып айтқан.*

**Асыра бағалады**. *Өсіре, артық баға берді.* **Асыра бұрғылау бөлігі**. кен. *Ұңғыманың (шпурдың) кертпеш табаны деңгейінен төмен орналасқан бөлігі.* **Асыра бұрғылау коэффициенті**. кен. *Ұңғу бет табанынан төмен түсіре бұрғыланған тереңдіктің кертпештің табанымен жүргізілген ең төменгі кедергі сызығының ұзындығына қатынасы.* **Асыра күйдіру**. кен. *Металл мен қорытпаларды тотықтыру немесе балқыту кезінде берілген температурадан жоғары қыздырғанда олардың ішінде қайтымсыз ақаулардың болуы.* **Асыра мақтады [дәріптеді].** *Өсіре, шектен тыс мақтады.* **Асыра орындады**. *Мөлшерден артық істеді.* **Асыра суыту**. кен. *Жоғары температурадан ең төменгі температураға дейін төмендетіп салқындату процесі.* **Асыра сілтеді**. *Шамадан тыс кетті, шаш ал десе, бас алды, орынсыз белсенділік жасады.*

**АСЫРА[2]** сын. көне. *Бағыныште, мойынсұнған мағынасында.*

**Асыра жұрт**. көне. ***Аса жұрт***.

**АСЫРА=** ет. **1**. *Бағып-қағу, киіндіріп, тамақ беріп өсіру.* **2**. *Өсіру, бағу, күту, қолға ұстау.* **3**. ауыс. *Демеу болу, медет ету, қуат беру.*

**Асырап алды**. *Біреудің баласын өзіне бала етті, бауырына салды, иемденіп, бағып-қақты.*

**АСЫРАЛ=** ет. *Бағылу, күтілу.*

**АСЫРАЛЫН=** ет. *Қамқорлыққа алыну.*

**АСЫРАНДЫ** сын. **1**. *Қолға үйретілген, қолда өскен.* **2**. *Асырап алған, «қолбала» еткен.*

**Асыранды бала**. *Асырап алған бала.* **Асыранды кептер**. *Кептер тұқымдасына жататын, қолға үйретілген құс; көгершін.* **Асыранды үйрек**. *Барылдауық үйректен таралған қаз тәрізділер отрядына жататын үй құсы.* **Асыранды хайуанаттар [жануарлар].** *Адамдар әртүрлі қажеттіктеріне, шаруашылыққа пайдалану үшін, еті, сүті, терісі, жүні, қауырсыны, мамығы т.б. өнімдерін пайдаға асыру үшін қолға үйреткен тағы жануарлар.*

**АСЫРАП-САҚТА=** ет. *Бағып-қағу, күту.*

**АСЫРАП-САҚТАУ** *Асырап-сақта етістігінің қимыл атауы.*

**АСЫРАРЛЫҚ** сын. *Асырай алатын, асырауға жарарлық.*

**АСЫРАСІЛТЕУШІЛІК** зат. *Шамадан тыс кетушілік, орынсыз белсенділік.*

**АСЫРАТ=** ет. *Бақтыру, күттіру, өсірту.*

**АСЫРАУ[1]** *Асыра етістігінің қимыл атауы.*

**Асырауындағы адам**. *Ұзақ уақыт немесе тұрақты түрде басқа адамның материалдық қамтамасыз етуінде болатын адам.*

**АСЫРАУ[2]** сын. жерг. ***Масыл***.

**АСЫРАУЛЫ** сын. *Бағулы, күтулі.*

**АСЫРАУСЫЗ** сын. *Бағусыз, күтусіз, қараусыз.*

**АСЫРАУШЫ** зат. **1**. *Бағып-қағатын, тамақ тауып беретін адам.* **2**. ауыс. *Өмір сүру, тіршілік ету ортасы.*

**АСЫРМАЛЫ** сын. *Асыра, көтере.*

**Асырмалы шырай**. лингв. *Заттың сынын асырып, арттырып не төмендетіп көрсететін шырай.*

**АСЫР-НАСЫР** зат. сөйл. ***Асыр-сауық***.

**АСЫР-САУЫҚ** зат. *Ойын-күлкі, той-жиын, думан.*

**АСЫРСОҚ** сын. *Қамсыз, жайбарақат.*

**АСЫР-ТАСЫР** елік. *Тасыр-тұсыр, тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**АСЫР-ТҰСЫР** елік. сөйл. *Опыр-топыр қимылды бейнелейтін сөз.*

**АСЫРУ** *Асыр етістігінің қимыл атауы; көрсету, өсіру.*

**АСЫРУШЫ: іске [жүзеге] асырушы**. *Орындаушы, атқарушы.*

**АСЫРЫЛ: жүзеге асырылды**. *Іске асырылды, жасалды.*

**АСЫРЫМ** зат. жерг. ***Алыс***.

**АСЫС=** ет. *Тамақ пісірісу.*

**АСЬЯГО** зат. тамақ. *Сиыр сүтінен дайындалатын итальян сыры.*

**АТ[1]** зат. **1**. *Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған еркек жылқы.* **2**. *Салт мінілетін, арба-шанаға жегілетін және әртүрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын еркек жылқы.*

**Ат айдады**. *Ат жүргізді, ат қосты.* **Ат айдаушы**. а) *Арбаға, шанаға жегілген атты жүргізуші адам, көшір.* ә) *Бәйгеге қосылатын аттарды басқарып мәреден жіберуші адам.* **Ат алсаң, аулыңмен**. *Не көрсеңде, қауымыңмен, жақын адамдарыңмен бірге.* **Ат арқан**. *Онша ұзын емес, қанжығаға байлап алып жүруге ыңғайлы, сыптығыр, жіңішке, жеңіл арқан.* **Ат арты [көті] күң**. көне. *Жаугершілік заманда ат артына мінгізіп алып келген қыз-келіншек.* **Ат арып, тон тозды.** *Азып-тозды, жадап-жүдеді, шаршап-шалдықты, ұзақ жүрістен қалжырады.* **Ат [алыстан ат, алыс жолдан ат] арытып**. *Ұзақ жолға арнайы шығып, шаршап-шалдығып.* **Ат аяғы [тұяғы] жетер жер**. этн. *Атпен баруға болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Ат байлағыш [ат байлар].** *Ат байлайтын мама ағаш.* **Ат байлады**. а) *Сыйлады, тарту етті, ат мінгізді.* ә) *Семіртті, союға дайындады.* **Ат бапшы**. *Аттың бабын жақсы білетін адам; атбегі, атпаз.* **Ат барабан**. көне. *Ат күшімен айналатын барабан.* **Ат бастаған тоғыз**. көне. а) *Би кесімімен белгіленген айып төлемінің түйе бастаған тоғыздан кейінгі ат бастаған түрі.* ә) *Ат бәйгесінде, балуан күресте, айтыста т.б. жеңімпаздарға берілетін сыйлық түрі.* **Ат басына күн туды**. *Қиын-қыстау заман болды, ер-азаматқа сыналар мезгіл жетті.* **Ат басына соқты [соғысты].** *Шегіншектеді, жүрексінді.* **Ат басын бұрды**. а) *Бағыт*

*алып, жол жүріп келе жатқан жерінен арнайы белгілі бір жерге бұрылып, бағытын өзгертіп, соғып кетті.* ә) *Бір жаққа қарай бағыт алды, беттеді.* **Ат басындай алтын**. ф о л ь к . а) *Құймасы әуелде жылқы басының түрінде құйылған, тұяқ көлемінен үлкендеу, кесек сом алтын.* ә) *Үлкен олжа.* **Ат басындай қорғасын**. *Үлкен, сом қорғасын.* **Ат басын тартпады**. *Алған бетінен қайтпады.* **Ат басын тартты**. *Тоқтады, аялдады.* **Ат басын теңесті**. *Жеме-жемге келіп, қатарласты.* **Ат басын [тұмсығын] тіреді**. *Межелі жерге келіп тоқтады.* **Ат бауырлады.** *Ат үсті сайыста аттың белі бүгілді.* **Ат бауырына алды [алғызды].** *Атпен қуып жүріп, аямай сабады, сойып салды.* **Ат бауырын сыздырып.** б е й н . *Шөптің биік, бітік шығуы және жылқы малының тоя оттап, бабында келе жатуы туралы.* **Ат бәйге [бәйгі]**. с п о р т . *Той-думанда, жиында жүйрік аттарды жарысқа түсіретін ұлттық ойын.* **Ат бойы**. *Ат бойының ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Ат білезік.** *Атқа салатын білезік.* **Ат ерттеді.** *Атқа ер салды.* **Ат жабу**. *Атқа жабатын жапқыш.* **Ат жайлады**. *Атты демалдырып, азықтандырды.* **Ат жақты**. *Бет- әлпеті сопақша келген.* **Ат жалдау**. *Терең өзен-суды атпен өрлей жүзіп өту.* **Ат жалына жармасты.** *Атты бәйгеге не көкпарға даярлады, баптады.* **Ат жалын құшты**. *Еңкейіп барып, етпетінен ат мойнына асыла құлады.* **Ат жалын тартып мінді**. *Ер жетіп, азамат болды, санатқа қосылды,* **Ат жаңбырлығын жапты.** *Ат қоңданды, семірді.* **Ат жарамаған жерде қалды**. *Шамасы келген жерінде қалды.* **Ат жаратты**. *Атын баптап, бәйгеге не көкпарға даярлады.* **Ат жеккен**. *Ат жегілген (арба, шана).* **Ат жетерде**. *200-300 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Ат жетер [жетпес] жер**. *Ұзақ жол, алыс жер.* **Ат жүгіртті**. *Атпен келді, ат сандалтты.* **Ат кекілін [құйрығын] кесті [кесісті]**. а) э т н . к ө н е . *Құныкер (кісі өлтірген) жақ пен құн талап етуші (кісі өлген) жақтың ешбір бітімге, тоқтамға келе алмауы [Тұл аттың (иесі өлген аттың) кекілін кесуі арқылы кісісі өлген жақтың «соғысамын» деген белгі беруі].* ә) *Араздасты, кетісті, көрместей болды.* **Ат кекілін кесісу.** *Біржола қатыспай кету, біржола көріспеу.* **Ат кекіліндей.** *Аз, азғантай.* **Ат кекілін созды.** *Әуре-сарсаңдық ұзарып кетті.* **Ат көбең тартты**. *Көктемде жайылып жүріп семірген, еті бос деген мағынада.* **Ат көз болу**. ж е р г . *Биіктігі ат арқасымен бірдей болу.* **Ат көтіне өңгерді [мінгізді, салды].** *Қорлап, зорлап, мазақ етіп алып кетті.* **Ат көтіне үңілтті.** *Құл етті, тұтқын етті, тартып алды, қорлады.* **Ат күші**. ф и з . *Қуатты бірліктер жүйесінен тыс өлшеу бірлігі.* **Ат қағар**. *Сөреге жетейін деп қалған бәйге атының тізгін-шылбырын қағып алып, жетектеп тарту.* **Атқа жеңіл телпекбай**. *Жұмсағанға жүре беретін, тым ұшқалақ, қолды-аяқтай.* **Атқа жеңіл құдаша.** а) *Тым ұшқалақ, жеңіл мінезге айтылады.* ә) *Барып кел, алып келге дайын, қолды-аяқтай.* **Атқа [аяғына] жем түсті**. *Аттың аяғына сарысу үймелеп, ақсап қалды.* **Атқа ие болды.** *Белгілі бір кәсіп, маман иесі, өз ісінің шебері атанды, танылды.* **Ат қазық.** *Ат байлайтын мама ағаш.* **Ат қақты**. *Ат үстінде көп жол жүріп ат соқты болды, шаршап -шалдықты.* **Ат қамшы**. ж е р г . *Салт аттының қамшысы.* **Атқа қамшы басты**. *Екпіндетіп қарқынын күшейтті.* **Атқа қонды**. а) *Атқа мінді, атқа отырды.* ә) *Бір нәрсеге белсене араласу үшін, сапарға шықты; белді бекем буынды.* **Атқа қондырды.** *Атқа мінгізді, сүйемелдеп, демеп, ат үстіне отырғызды.* **Атқа қону**. *Атқа міну, жөнелу.* **Атқа мінген**. *Ел ісіне, билікке араласқан.* **Атқа мінді**. а) *Жолға шықты, аттанды.* ә) *Қарсы шықты, өре көтерілді.* **Атқа мінер той.** э т н . *Баланы алғаш рет ашамайға мінгізгенде жасалатын той.* **Атқан оқтай.** а) *Тіп-тік, тып-тузу.* ә) *Ағып өткен жұлдыздай, тез, жылдам.* **Ат қара тіл болғанда**. *Ерте көктемде шыққан отқа жылқы аузы іліккен шақ деген мағынада.* **Атқа сарпастау.** э т н . *Байырғы дәстүрлі әдеттік құқықта ауыр қылмысты айыпкерді асау аттың бауырына аяқ-қолынан керіп байлап, атты иен далаға үркітіп қоя беріп өлтіретін жазаның ең ауыр түрі.* **Атқа тақымы тиді.** *Атқа мінді, атқа шапты.* **Ат қатырды**. ж е р г . *Ат баптады, жаратты.* **Атқа шапты**. *Ат мініп бәйгеге қатысты.* **Ат қойды**. а) *Тура шапты, шаба жөнелді.* ә) *Атой салды, шабуыл жасады.* **Ат қойып келді**. э т н . *Қаралы үйге ер адамдар «ойбауырымдап» атпен шауып келді.* **Ат қора**. а) *Жылқы қамайтын, жылқы тұратын қора.* ә) а у ы с . *Лас, былғаныш.* **Ат қосты**. *Жүйрік атын бәйгеге жіберді; жарысқа қатыстырды.* **Ат құйрығына байлады [тақты]**. *Атқа сүйретіп, жазалады, қорлады.* **Ат құйрығын [шорт] кесісті.** *Мүлде араласпай кетті.* **Ат құйрығын кесу.** *Біржола араздасу, қатынасты үзу.* **Ат құйрығын үзісіп кетті**. *Араздасып, біржола айрылысты.* **Ат құйрығын шарт түйді**. *Белді бекем буып, іске белсене кірісті.* **Ат құлағы көрінбейтін [көрінбес].** а) *Тұк көрінбейтін, көз ашқызбайтын, түтеген (боран).* ә) *Биік, қалың (шөп не егін).* **Ат құлағында ойнады.** *Ат үстінде отыруды жетік меңгерген, атқа мықты адам туралы айтылады.* **Ат құлағы теңесті**. *Жаугершілік кезінде қиын-қыстау уақыт туды.* **Ат құрғатпай**. *Ат ізін суытпай, жиі.* **Ат қылып мінді.** *Ат сияқты пайдаланды, біреуден жабысып алып айрылмады.* **Ат маңдайы аумады**. *Қателеспеді, адаспады, тура келді.* **Ат мінгізді.** э т н . *Құрмет көрсетіп, ерекше сый-сияпат көрсетті, атты сыйға тартты.* **Ат мінгізіп, шапан жапты.** э т н . а) *Ерекше құрмет көрсетті, сый-сияпат жасады.* ә) *Ат-шапан айыбын өтеді, айыпты болғанына ат мінгізді.* **Ат мініп, аспап асынды**. *Шапқын, шапқыншылық жасады.* **Ат мініп, шапан киді.** *Құрмет, сый-сияпат көрді.* **Ат ойнақ**. *Баса-көктеу, апыр- топыр ету, ойнақ салу.* **Ат ойнатты.** а) *Атпен жекпе-жек сайысқа шықты.* ә) *Ойнақтатты, құтыртты.* б) *Атты әртүрлі ойынға үйретті.* в) *Баса-көктеді, әлек салды, астамшылық етті.* **Ат өксітті**. *Ат шаршатты.* **Ат өксітіп.** *Ат сабылтып, шаршап-шалдығып.* **Ат өктеді**. ***Ат өксітті***. **Ат өтпес**. э т н . *Тоғыз құмалақ ойынында жүрістің таусылып қалуы.* **Ат раң етін [раңын] алды**. *Шөптің ең әдепкі шыққан маңызымен, шүйгінімен етейді.* **Ат сабылтты**. а) *Болдыртты, шаршатты.* ә) *Әуре болды, әлекке түсті, ат арытты.* **Ат салды**. *Кісі жіберіп, хабарлады, байқады.* **Ат сауырсын берді.** *Айналып кетті, ат құйрығын кесісті, қарамай кетті, араздасты.* **Ат сауырына салып келген**. *Қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келген.* **Ат сауырын берді**. *Қиын кезде, жаугершілік заманда қол ұшын берді, көмектесті.* **Ат сауыт.** э т н . к ө н е . *Ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылатын тордан жасалатын садақ, қылыш, найза сияқты қару-жарақтардан қорғануға арналған батырдың аттарының жабыны.* **Ат спорты**. с п о р т . *Ат үстінде орындалатын спорттық жарыстар.* **Ат суытты**. *Қатты немесе ұзақ жүрістен соң, аттың терін басып тыныңтырды.* **Ат сүйек беру**. к ө н е . ә с к . *Қазақ хандығы кезіндегі жауынгерлік ұғым: майдан үстінде аты оққа ұшқан атақты жауынгерді жау қолына түсірмей қағып әкетіп, екінші атқа отырғызу.* **Ат сүмек болды**. ж е р г . *Ат борша-борша болды, болдырды.* **Атта жал, адамда қам жоқ**. *Күйсіз, жайсыз жағдай туды.* **Аттан жығылды.** *Шауып келе жатып аттан құлады.* **Аттан түспеді.** *Үнемі жаугершілік күн кешті, жаудан қорғады.* **Аттан түсті.** *Биіктен, әкімқаралықтан босады, айырылды.* **Аттары ауыздықпен алысты**. б е й н . *Бір байламға келе алмай, ойы жүйесізденді, бейберекеттік таныт-ты.* **Ат терлетті.** *Ұзақ жол жүрді.* **Ат терлетіп келді.** *Әдейілеп, арнайы келді.* **Ат терлігін кептірмеді**. *Үнемі аттың үстінде болды, жорыққа, соғысқа жиі аттанды.* **Ат төбеліндей**. э т н . *Азғантай, шағын көлемді білдіретін халықтық өлшем.* **Ат тулады**. *Ат басасаулық қылды.* **Ат тұлдау**. э т н . к ө н е . *Қайтыс болған адамның жылында, асында сою үшін мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, бос қоя беруі.* **Ат тұмсығын [басын] тіреді**. *Барам деген жеріне жетіп тоқтады, межелі жерге келіп жетті.* **Ат тұяғын тас қапты.** *Ат тасырлата шапты.* **Ат тұяғының дүбірі басылмады.** *Бір тыншымады, тіршілігі бір толастамады.* **Ат тұяғы тимеген**. *Ешкім бармаған, аяқ баспаған.* **Ат тұяқ алтын**. *Ат тұяғы көлеміндей алтын.* **Атты арбап, атан жұтты**. *Түйені түгімен жұтатын обыр, жалмауыз мағынасында.* **Атты қосарға алды.** *Ұзақ жорыққа аттанған әскер жолаушы немесе хабаршы ұзақ жортуға төзімді де шыдамды, берік, мықты ереуіл атты жетегіне, қатарына алып жүрді, ертті.* **Аттың алдын бермеді.** *Алдына жан салмады.* **Аттың басын қоя берді [жіберді]**. *Шапты, жүгіртті, бос қойды.* **Аттың басын тартпады**. *Сескенбеді, именбеді.* **Аттың басын түзеді.** *Белгілі бағытқа бет бұрды.* **Аттың жалы, түйенің [атанның, нардың] қомында**. а) *Асығыста, қарбаласта, тығылтаяңда.* ә) *Әр кезде, әртүрлі жолмен.* **Аттың майына толмады**. ж е р г . *Аттың майына тұрмады.* **Аттың тұсарынан**. *Ат тұсарының деңгейінде.* **Ат тізгінін тартты**. *Тоқтады, кідіріс жасады.* **Ат тізесіне салды**. *Ат қарқынымен жүргізді.* **Ат тісіндей**. *Ірі, үлкен, сойдиған.* **Ат үстінде [үстінен].** *Күндіз-түні тыным тауып үйде отырмады, ұдайы қауырт жұмыста, қарбаласта болды.* **Ат үстінде көрісті.** *Бел шешіп, жайласып отырып халжай сұрасуға уақыт болмай, асығыс кетіп бара жатып амандасты.* **Ат үстінде күн көрді.** *Көп уақытын жортуылда, жорықта, аттаныста өткізді.* **Ат үстінде [үстінен] ұйқы алды.** *Жорықта, жортуылда, күндіз-түні ат үстінде жүрді.* **Ат шабарлады**. *«Ат шабады» деп жар салды.* **Ат шалдырды**. *Мінген атын жол үстінде аздап оттатып әлдендіріп алды; тынықтырды, аялдады.* **Ат шалсын**. *Ат әлденсін, дем алсын.* **Ат шаптырды**. *Той қылып, ат жарыстырды, бәйге жариялады, ат қосты.* **Ат шаптырым [шаптырымдай] жер.** э т н . *Талай жер, 20-25 шақырымдай едәуір қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Аты арық, жүзі сарық**. *Жүдепжадаған, азып-тозған.* **Аты болдырды**. *Аты шаршады, титықтады.* **Атымның сыры өзіме мәлім**. *Бірге жүріп біте қайнасқан жақсы адамның сыры өзіме белгілі, өзім жақсы білем деген мағынада.* **Атынан түспей терді.** *Асығыс қимылдады, атүсті терді.* **Атына тұрман болсам**. *Елге қорған болсам, керегіне жарасам.* **Атын аударып алды**. *Атын тартып алды.* **Атын көк тер [қан сорпа] қылды**. *Көлігін әбден болдыртты.* **Атын түсіп берді.** *Жақсы көрген, риза болған адамына астындағы жалғыз атын берді, қиып берді деген мағынада.* **Атының басын алып жүре алмады**. *Атқа дұрыс міне алмады, ат басына ие бола алмады.* **Атының басын бұрды.** *Бағытын, беталысын өзгертті, ешкімнің жетегіне ермеді.* **Аты-**

**ның белін тартты.** *Ер-тұрманын салып қамданды.* **Атының сауырына салды.** *Атының үстіне артып алды.* **Атың арық, жүзің сарық.** *Жүдеп-жадаған, күйі жоқ.* **Атың арып тулақ болсын, ерің арып аруақ болсын!** қарғ. *Бар жамандық саған (сендерге) келсін.* **Атыңыз бәйгелі болсын!** тілек. *Атты бәйгеге қосарда айтатын сөз.* **Ат ізін салмады [салуды қойды].** *Келмеді, қатынаспады.* **Ат ізін суытпады [құрғатпады].** *Үзбей қатысты, жиі келіп тұрды.*

**АТ$^2$** зат. шахм. *Аттың (жылқының) басына ұқсастырып жасалынған шахмат фигурасы.*

**АТ$^3$** зат. **1**. *Балаға қойылған есім, ныспы.* **2**. *Атақ, даңқ.* **3**. *Мамандыққа, кәсіпке байланысты лауазым.* **4**. *Белгілі бір нәрсеге қойылған атау.* **5**. *Үй жануарларына қойылған қосымша ат.*

**Ат атанды.** *Атақты болды, аты шықты.* **Ат атандырып, сүйек сындырды.** *Атаққа, ар-абыройға кір келтірді.* **Ат қойды.** этн. а) *Жаңа туған нәрестеге азан шақырып, есім берді.* ә) *Атады, белгіледі.* б) *Кісіні өз атымен атамай, негізгі қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты қосымша ат берді.* **Ат қойып, айдар тақты.** а) *Адамға не бір затқа лақап ат қойды, атақ тақты.* ә) *Әр саққа жүгіртіп, сөзге іліктірді.* **Ат қою.** *Жаңа туған нәрестеге азан шақырып, есім беру, атау.* **Ат тағылды.** *Ат қойылды, жала жабылды.* **Ат тақты.** а) *Лақап ат қойды, атады.* ә) *Атаққа ұшыратты, атын шығарды.* **Ат тергеу [телу].** этн. *Қазақ арасында қалыптасқан тұрмыстық мінез-құлық талаптарына сай жаңа түскен келіннің күйеуінің туыстарын есімімен атамай, өзінше ат қоюы.* **Аты аталды.** этн. *Ата-баба, әулие-әнбиелердің есімі айтылып, ұрандалды.* **Аты аталмады.** *Ескерілмеді, мән берілмеді, ұмыт қалды.* **Аты аян [әйгілі].** *Белгілі, танымал, әйгілі, есімі елге жайылған, көпке мәшһүр.* **Аты бар да, заты жоқ.** *Аты болғанымен, мән-мағынасы әлі де өз дәрежесінде емес.* **Аты жайылды.** *Есімі елге тарады, әйгілі болды.* **Аты жер жарды.** *Даңқы шықты, аты елге жайылды; есімі көп аузына ілікті.* **Аты жоғалды [өшті].** *Ұмыт болды, ескерусіз қалды.* **Аты жоқ қол [саусақ].** сөйл. *Шүмек саусақ (төртінші саусақ).* **Аты қазақ.** *Қазақ атаулы, қазақ ұлты.* **Аты қалды.** *Есімі сақталды, ұмытылмады.* **Аты қатар.** *Тең дәрежеде, сыйлы, құрметті, беделді.* **Атымды басқа қой [де].** *Қалайда орындаймын деп бір нәрсені істеуде айтылатын серт, уәде.* **Атымен жоқ.** *Мүлде жоқ.* **Атым құрысын [жерге кірсін, өшсін].** *Айтқанды істемесем, құрып кетейін, жоқ болайын деген серт.* **Атына кір келтірді.** *Атағына жаман сөз келтірді, ұятқа қалдырды.* **Атына қаңық.** *Жақсы таныс, есімі аян, біледі, сырттай хабары бар.* **Атын алтынмен жазды.** *Атын тарихта мәңгі қалдырды.* **Атын атап, жөнін жөн деме.** *Сөзін сөйлеп, көмектеспе, жанашырлық жасап, қам жеме.* **Атын атап, түсін түстеді.** *Нақтылады, дәл, нақты сипаттады.* **Атын аузына алмады.** *Атамады, сөз етпеді, елемеді.* **Атына шаң жуықтпады.** *Белгілі бір адамға сөз келтірмеді, жаманат іліктірмеді.* **Атын жоймады.** *Ата-бабаның жақсы атын шығарды, кір келтірмеді, атаққа сай болды.* **Атын өшірді.** *Ұмытты, жадынан кетіріп тастады.* **Атын өшірмеді.** а) *Жақсы атағын сақтады.* ә) *Түтінін түтетті, отын сөндірмеді.* **Атын сатты.** *Біреудің абырой-атағын пайдаланды, беделін бетке ұстады.* **Аты өлмейді [өшпейді].** *Өзі өлсе де, сөзі мен ісі ұмытылмайды, жоғалмайды.* **Аты өшкір [өшсін].** қарғ. *Құрығыр, жоғалғыр, ұмыт болғыр.* **Аты өшті.** *Мүлдем құрыды, ұмытылды.* **Аты теріс.** *Тура атау ұнамсыз болғандықтан, белгілі бір кісіге телінген есім, лақап ат.* **Аты тұрмақ, заты жоқ.** *Мүлде жоқ, ештеңе жоқ.* **Аты шулы.** *Әйгілі, атақты, аты шыққан.* **Аты шықты.** *Атағы елге жайылды, елге әйгілі болды, мәлім болды.*

**АТ=** ет. **1**. *Қару-жарақтан оқ шығару, оқ жұмсау.* **2**. *Бір нәрсені көздеп, ұрып тигізу.* **3**. *Атқылау, лақтыру.* **4**. ауыс. *Қарғу, ырғу, секіру.* **5**. ауыс. *Көкке шапшу.*

**Атарға оғы жоқ [болмады].** *Қатты ашуы келіп, жек көрді, ыза болғаннан істейтін амалы болмай құрыды.* **Атар таң.** а) *Шығар күн, ертеңгі күн, келер күн.* ә) *Аңсаған күн, азаттық, еркіндік.* **Атар таң, батар күн.** *Көресі күн, татар дәм, басқа салған жазмыш.* **Атар таң, шығар [көрер] күн болмады.** *Жақсылық болмады, азап шекті, басынан азап, бейнет арылмады.* **Атар таң, шығар [көрер] күн жоқ [бар ма?].** *Қызық дәурен жоқ, жақсылық жоқ.* **Атқан қалпақтай.** *Лақтырған қалпақтай.* **Атқан оғы айнымайды.** *Көз жазбай, дәл тигізеді.* **Атқан оқтай.** а) *Түп-түзу, түп-тура, тартқан сымдай.* ә) *Өте тез, шапшаң, зымырап, зулап.* **Атқан таң.** поэт. *Бүгінгі күн, осы күн.* **Атқан таңдай.** поэт. *Аппақ, әдемі, асқан сұлу, көркем.* **Атқан таңша жайнады.** *Құлпырды, жадырады.* **Атпайтын таң, батпайтын күн.** *Ауыр өмір, қиын күнкөріс.* **Атпас таң [шықпас күнге] қалды.** *Арылмас бәлеге қалды.* **Атса – мылтығы [оғы], шапса – қылышы.** *Айтқанынан шықпайтын, сенімді адамы, қол шоқпары.* **Атып [көзімен атып] жіберді.** *Оқты көзбен ашуланып, алара қарады.* **Атып кел, шауып кел.** *Айтқанын дәл орындайтын сенімді қолшоқпар.* **Атып түрегелді.** *Орнынан қарғып тұрды.*

**АТА** зат. **1**. *Туған әке, өз әкесі.* **2**. *Үлкен әке, әкенің әкесі.* **3**. *Адамдардың туыстық, жақын ру ішіндегі қандастық жігі, тобы.* **4**. *Тегі, нәсілі, шыққан жері, тұқымы.* **5**. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі.* **6**. *Қария, қарт, ақсақал.* **7**. *Үйірге салатын тұқымдық мал, аталық.* **8**. ауыс. *Бір нәрсенің негізі, басы, түп төркіні.*

**Ата баласы [ұлы].** а) *Өз тегінің, руының жалғасы.* ә) *Жол жағынан үлкен, қадірлі әкеден тараған.* **Ата ғұрпы.** *Ежелден келе жатқан әдет, салт, дағды.* **Атадан асып туған.** *Елден ерекше, дара.* **Атадан жалғыз.** *Жеке, дара, жалқы.* **Атадан жасық туды.** *Тегіне тартпады.* **Атадан қалған.** *Қадірлі, қасиетті, көненің көзі.* **Ата дәстүрі.** этн. *Ата-бабадан мирас болып келе жатқан салт, ежелгі дәстүр.* **Ата дәстүрін аяққа басты.** *Дәстүрді, салтты сақтамады, аяқасты етті.* **Ата дәулет.** *Ежелден келе жатқан береке, байлық.* **Ата дұшпан [жау].** *Ежелгі жау, нағыз дұшпан.* **Ата жаудай.** *Ежелгі дұшпандай.* **Ата жолдас.** бейн. *Ежелден қанына сіңген іс.* **Ата жолы.** *Ежелден келе жатқан салт-дәстүр, ескіден қалған жөн-жоба.* **Ата жолын бұзды.** *Дәстүрді сақтамады, ата-баба жолынан тайды, шықты.* **Ата жолын қуды [жалғады].** а) *Бабалардың, әкелердің салып кеткен жолымен, айтып кеткен өсиетімен жүрді.* ә) *Дәстүрді сақтады, ата кәсібін жалғастырды.* **Ата жұрт.** *Халықтың ежелгі мекені, атамекен.* **Ата заты.** сөйл. ***Ата тегі.*** **Ата кәсіп.** *Атадан келе жатқан үйреншікті, кәсіп бұрыннан белгілі іс, шаруашылық, тіршілік.* **Ата кек.** *Ежелгі кек, ертеден келе жатқан өшпенділік.* **Ата қаз.** *Қаздың еркегі.* **Ата қыран.** *Алғыр құстың еркегі, аталығы.* **Атам заманғы.** *Ертедегі, бұрыңғы кездегі, әлдеқашанғы, баяғыдағы, ежелгі, көне.* **Атам заманнан [заманнан бері].** *Баяғыдан, ежелден, бұрыннан, ерте дәуірден.* **Ата мирас.** *Ұрпақтан-ұрпаққа қалдырылған мұра, ескерткіш.* **Ата мирасындай.** *Ұрпақтан-ұрпаққа қалған мұрадай.* **Атамнан ары [аулақ, әрмен].** а) *Одан әрі, мейлі.* ә) *Аулақ жүр, әрі кет, жоғал, көзіме көрінбе.* **Атаның атын жоймады.** *Ата-бабаның даңқын сақтады, атаның атына лайық болды.* **Атаңа лағынет [нәлет, нағылет]!** қарғ. *Жек көрген адамының ата-бабасына дейін жамандық тілеу, ата-бабасын қарғау.* **Атаңа некес.** сөйл. ***Атаңа нәлет.*** **Атаң [атам] қазақ.** *Арғы тек, ата-баба.* **Атаңның басы.** қарап. а) *Келіспеу, қарсы шығу, зеку мәніндегі сөз.* ә) *Ашуланғанда, қатты күйініп кеткенде, қарсы пікір білдіргенде айтылатын дөрекі сөз.* б) *Бос, бекер.* в) *Жоқ, қайдағы.* **Атаңның көрі.** *Қарғыс атқыр, оңбағыр.* **Атаңның қонақ ұлы.** *Жолдан пайда болған бала.* **Атаңның құны бар ма?** *Не ақың кетті? Ала алмай жүрген өшің бар ма?* **Ата пір.** *Ежелден сыйынатын, табынатын пір.* **Ата сақал.** *Төменгі ерінінің астындағы ойысқа шыққан бір шөкім түк.* **Ата сақалы аузына бітті [шықты, түсті].** *Жасы ұлғайды, мосқал тартты.* **Ата сақалы аузына түскен [біткен].** *Егде тартқан, жасы ұлғайған.* **Ата салты.** *Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, ата-бабадан қалған дәстүр.* **Ата су.** жерг. ***Атамекен.*** **Атасы басқа.** *Бірге тумаған, руы бөлек.* **Атасын білмес алыс.** *Жат, танымайтын бөтен.* **Атасының басындай сақтады.** сөйл. *Күтіп, мәпелеп ұзақ сақтады.* **Атасының құнын сұрады.** *Тым қымбат сұрады, асыра, артық сұрады.* **Атасының малындай сақтады.** *Әлдеқандай қылып дәріптеді, түкке тұрғысыз нәрсені бағалады.* **Ата тегі.** *Шыққан тегі, тұқым-тұқияны, зәузат.* **Ата түркі тілі.** лингв. *Барлық түркі тілдерінің түпкі ата тілі; ежелгі түркі тайпаларының тілі, соның негізінде бірқатар өзгеріске ұшырап, кейін пайда болған жеке түркі тілдері.*

**АТА=** ет. **1**. *Адамның я бір нәрсенің атын айту.* **2**. этн. *Бір нәрсені біреуге сыйлайтындығын мәлімдеу.*

**Атаған жерінен шықты.** *Дегені болды, айтқанын орындады.* **Атай көрме.** *Жоқ, олай деме.* **Атамай кету.** *Ескермеу, атаусыз қалдыру, ауызға алмау.* **Атап айтқанда [айтсақ].** а) *Анықтап, дәлірек айтқанда.* ә) *Жекелей алғанда, саралағанда.* **Атап көрсетті.** *Дәлдеп, саралап айтты.* **Атап өту.** кіт. *Тоқталып кету, атап-атап көрсету, ерекше назар аудару.* **Атап өтілді.** *Ерекшеленіп көрсетілді, ерекше назар аударылды.*

**АТА-АНА** зат. *Әке-шеше.*

**Ата-аналар комитеті.** пед. *Мектеппен үздіксіз байланыс жасау үшін сайланатын ата-аналар ұйымы.* **Ата-ана тұзын ақтады.** *Ата-ананың тәрбиелеген еңбегін ақтады.*

**АТА-АНАДАЙ** сын. *Ата-ана сияқты, ата-ана тәрізді.*

**АТА-АНАЛЫҚ** сын. *Әке-шешелік, ата-анаға тән туыстық.*

**Ата-аналық құқық.** заң. *Ата-ананың өз балаларын тәрбиелеу құқы.*

**АТА-АНАСЫЗ** сын. *Ата-анасы жоқ.*

**АТА-БАБА** зат. *Ататек, тұқым-тұқиян.*

**Ата-баба зәузаты.** *Үрім-бұтақ, аталас, тектес адамдар.* **Ата-баба мекені.** *Ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан қоныс, байырғы тұрақ, туған жер.* **Ата-бабаның аруағын қуып, арын арлады.** *Өткен ұрпақтың намысын жыртты, есесін іздеді.* **Ата-бабаңның көрі жаңғыр!** қарғ. *Ата-бабаңның орны құл болсын.*

**АТАБАС** зат. жерг. *Егіннің алғашқы піскен бастары.*

**АТАБАСТА=** ет. жерг. *Егіннің ара-арасынан піскен жерлерін орып алу.*

**АТАБЕК** зат. көне. **1**. *Орта ғасырларда ірі лауазым иелерінің балаларын тәрбиелеуге бекітілген адам.* **2**. *Орта ғасырлардағы ел билеуші және әскер басқарушысы лауазымның бірі.*

**АТ-АБЗЕЛ** зат. сөйл. ***Атәбзел.***

**АТА-БҰТА** зат. сөйл. ***Ататек.***

**АТАВИЗМ** [лат. atavi] зат. биол. *Ағзаның арғы тегінде болған кейбір белгілердің қайталану құбылысы.*

**АТАҒАТ** зат. көне. *Сый, құрмет.*

**АТАҒАШ**[1] зат. жерг. *Ат байлайтын мама ағаш.*

**АТАҒАШ**[2] зат. *Балалар ойынының аты, әткеншек.*

**АТАДАЙ** сын. *Ата сияқты, ата тәрізді.*

**АТА-ЕНЕ** зат. *Қайын ата мен қайын ене.*

**АТАЖАН** зат. экспр. *Өз атасынан немесе сол тұстас жақсы көретін қарт адамнан бір нәрсені өтініп сұрағанда құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**АТАЗАТ** зат. *Шыққан тегі.*

**АТАЙ**[1] зат. экспр. *Атасымен тұстас қарт адамға құрмет білдіре айтылатын атауыш.*

**АТАЙ**[2] зат. жерг. ***Атой.***

**АТ-АЙҒЫР** зат. *Шаруаға қолдану үшін әрі мініс көлігі ретінде пайдалану мақсатымен ені тарттырылған жылқы малы мен үйірге салу үшін өсірілетін еркек жылқы.*

**АТ-АЙДАР** зат. *Көздеген мақсатқа жету үшін жүргізілетін науқандық іс-әрекетке қойылған атау.*

**АТАЙМАН**[1] зат. көне. *Мықты, күшті.*

**АТАЙМАН**[2] үст. жерг. *Өте, тым, тіпті.*

**АТАЙЫ** сын. жерг. *Атақты, әйгілі, белгілі.*

**АТАКА** [франц. attaque] зат. сөйл. ***Шабуыл.***

**АТАКЕШ** зат. көне. *Басшы, ру басы.*

**АТАКСИЯ** [грек. ataxia] зат. мед. *Дене мүшелерінің күрделі қозғалысын меңгеретін (басқаратын) жүйке саласының бұзылғандығынан болатын ауру.*

**АТАКҮЛДІК** зат. жерг. *Үрім-бұтақ.*

**АТАҚ**[1] зат. 1. *Даңқ, абырой.* 2. *Мамандық, кәсіп.* 3. *Белгілі бір еңбек саласындағы таланты мен үздік еңбегі үшін берілетін құрметті ат, дәреже, лауазым.* 4. *Әскери және ғылыми қызметкерлердің қызмет жағдайы мен мамандық дәрежесін белгілейтін ресми атау.* 5. *Жаманат, абыройсыздық.*

**Атағы артсын [ассын]**. тілек. *Аты жайылсын, аты әйгілі, көпке танымал болсын.* **Атағы [ата] білінді.** *Танылды, танымал болды, атағы жайылды.* **Атағы дүниеге кетті.** *Аты әлемге тарады.* **Атағы жайылды [дүбірледі, жер жарды, шықты].** *Даңқы шықты, аты әйгілі болды.* **Атағына қанды**. *Ертеден таныс болды, есімін жиі естіді, сырттан сұрап біліп, жұртқа тараған даңқына көзін жеткізді.* **Атағын жайды [шығарды].** *Даңқын шығарды, атын әйгіледі.* **Атақ алды**. а) *Абыройға, беделге ие болды.* ә) *Қызмет дәрежесін және кәсіби біліктілігін танытатын ресми атақ дәрежесіне ие болды.* б) *Қандай да бір қызметі үшін құрметті атаққа, наградаға ие болды.* в) *Ғылыми дәрежесін алды.* **Атақ берді**. *Айрықша сіңірген еңбегіне қарай дәрежесін, даңқын көтерді, жоғарылатты, атаққа ие етті.* **Атаққа ие болды.** а) *Сый-құрметке қол жеткізді.* ә) *Дәреже алды.* **Атақ қалдырды**. *Артында аты, даңқы қалды.* **Атаққа таңды**. *Өсекке ілді, жаманат жапсырды.* **Атаққа шыққан**. *Аты әйгілі, даңқы жайылған.* **Атаққа шықты.** *Әйгілі болды, атағы жайылды.* **Атаққа ілікті**. а) *Аты әйгілі болды, аты жайылды.* ә) *Жаманаты шықты, өсекке ілінді.* **Атақ тақты [тағылды].** а) *Атқа ие болды, атақ алды.* ә) *Жаманаты шықты, сөзге қалды.* **Атақтың салқын сәулесі.** бейн. *Атақ құмарлықтан, мансапқорлықтан туындайтын теріс мінез.*

**АТАҚ**[2] зат. жерг. *Ат-жөн.*

**АТАҚ-АБЫРОЙ** зат. *Атақ-даңқ, бет-бедел.*

**АТАҚ-ДАБЫС** зат. сөйл. ***Атақ-даңқ.***

**АТАҚ-ДАҢҚ** зат. *Атақ, абырой, даңқ-дабыс.*

**АТАҚ-ДӘРЕЖЕ** зат. *Мәртебе, лауазым, атақ.*

**АТАҚ-ЖӨН** зат. жерг. *Аты-жөн.*

**АТАҚҚҰМАР** сын. *Атаққа әуес, мансап құмар.*

**АТАҚҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Мансапқа, даңққа қызығушылық, атаққа әуестік.*

**АТАҚ-ЛАУАЗЫМ** зат. *Билік, әкімшілік, әскер, дін, ғылым-білім т.б. қоғамдық-әлеуметтік құрылымдар саласында істейтін адамдарға қызметіне, дәрежесіне, атқарылатын міндетіне қарай берілетін әр алуан ресми атақтар мен лауазымдар жиынтығы.*

**АТАҚОНЫС** зат. *Ежелгі мекен, байырғы тұрақ.*

**АТАҚСЫЗ** сын. *Атағы, даңқы шықпаған; белгісіз.*

**АТАҚТА**= ет. сөйл. 1. *Әйгілеу, жария ету, атағын шығару.* 2. жерг. *Атау.*

**АТАҚТАЛ**= ет. сөйл. ***Аталу.***

**АТАҚТАУ** *Атақта етістігінің қимыл атауы.*

**АТАҚТЫ** сын. *Көпке танымал, даңқы жайылған; әйгілі, белгілі.*

**Атақты бай**. *Аса дәулетті, сонысымен жұртқа танымал бай.*

**АТАҚТЫЛЫҚ** зат. *Даңқтылық, әйгілілік, белгілілік, танымалдылық.*

**АТАҚҰЛДЫҚ** зат. *Ата-баба рухына табынушылық.*

**АТАҚ-ШАТАҚ** зат. жерг. *Шиеленіскен дау, жанжал.*

**АТАҚ-ШЕН** зат. *Жоғары лауазым, қоғамдағы әлеуметтік топты басқарушы билік.*

**АТАҚШЫЛ** сын. *Даңққұмар, атағын шығаруға әуес.*

**АТАЛ**= ет. *Айтылу, атқа ие болу, ат берілу.*

**АТАЛА** зат. 1. *Суға ұн немесе талқан салып жасалған сұйық көже.* 2. *Майға қуырған ұн, сүр сорпаға ашты айран қосқан ас.* 3. ауыс. *Шым-шытырық, астан-кестен.*

**АТАЛА**[1]= ет. *Ата-ата деу.*

**АТАЛА**[2]= ет. көне. *Бет алды, қалай болса солай сөйлеу, сандырақтау.*

**АТАЛАДАЙ** сын. *Атала сияқты, атала тәрізді.*

**АТАЛАҚТА**= ет. жерг. *Тайраңдау, далбалақтау, оқалақтау.*

**АТАЛАС** сын. *Туыстас, рулас, ағайын.*

**АТАЛАСТЫҚ** зат. *Туыстастық, руластық, ағайындастық.*

**АТАЛАУ** *Атала етістігінің қимыл атауы; ата-ата деу.*

**АТАЛҒЫ** зат. *Ағаш шеберінің құралы, ағаш сүргілейтін, аршитын пышақ.*

**Аталғы шот**. *Ағашты қырнауға арналған жүзі доға тәрізді өткір құрал.*

**АТАЛМЫШ** сын. *Жоғарыда аталған, сөз болған.*

**АТАЛ-САТАЛ** сын. сөйл. *Сатал-сатал, ағал-жағал.*

**АТАЛУ** *Атал етістігінің қимыл атауы.*

**АТАЛЫ** сын. 1. *Текті, іргелі, белді.* 2. ауыс. *Үлгілі, өнегелі.*

**Аталы жау.** *Белді, текті, мейлінше күшті дұшпан; бұрыннан жаулықта болған қасы.* **Аталы жер**. *Іргелі, текті жер.* **Аталы жұрт**. *Текті ел, белді ел.* **Аталы сөз**. *Жүйелі, мәнді, орынды, ақылға қонымды, мағыналы сөз.* **Аталы сөз аузынан ақтарылды**. *Үлгілі, өнегелі өсиет сөз айтылды.*

**АТАЛЫ-БАЛАЛЫ** сын. *Атасы мен балалары.*

**АТАЛЫҚ**[1] сын. 1. *Атаға тән, атаға қатысты.* 2. *Бұрынғы ескі атадан келе жатқан.*

**АТАЛЫҚ**[2] зат. 1. көне. *Хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін жоғары мәртебелі адам.* 2. тар. *Орта ғасырдағы түркі мемлекеттерінде ханның жасынан асып уәзір дәрежесіне жеткен адамға берілетін биік мансап атауы.*

**АТАЛЫҚ**[3] [грек. andros] зат. биол. 1. *Жануарлар мен жәндіктердің аналыққа қарама-қарсы жыныс өкілі.* 2. бот. *Гүлдің көбею мүшесі.*

**Аталық жасуша [клетка].** биол. *Пісіп жетілген аталық жыныс жасушасы.* **Аталық жыныс безі**. анат. *Ен (енек).* **Аталық мүше**. анат. <лат. penis> *Еркектің сыртқы жыныс мүшесі.* **Аталық тұқым жасушасы**. биол. *Аталық жыныс жасушасы, спермий.* **Аталық ұрықсыздық**. биол. *Жабайы және мәдени өсімдіктерде тозаң ұрығы жетілмейтін немесе ұрықтануға қабілеті жоқ формалардың болуы.*

**АТАЛЫҚТАЙ: аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше**. *Елдің батагөй қариясы, аруанасы.*

**АТАЛЫМ** зат. сөйл. *Номинация.*

**АТАЛЫН**= ет. *Белгілі бір атаумен айтылу, белгілену.*

**АТАЛЫНУ** *Аталын етістігінің қимыл атауы.*

**АТАМАН** зат. 1. тар. *Патшалық Ресей тұсында әскери, әкімшілік, полициялық қызмет атқаратын, сайланған немесе тағайындалған бастық.* 2. *Азамат соғысы кезіндегі ақ гвардияшылардың басшысы.* 3. жерг. *Балықшылар бригадасының бастығы, бригадир.* 4. ауыс. *Топтың басшысы.*

**АТАМАНДЫҚ** зат. *Атаман болушылық.*

**АТАМЕКЕН** зат. *Ежелгі қоныс, байырғы тұрақ, тұрған жер.*

**АТАМҰРА** зат. *Атадан қалған, ертеден келе жатқан мирас.*

**АТАН** зат. *Піштірілген, ақталған түйе, ірі қара.*

**Атан жілік [арқар мүйіз].** *Дене бітімі ірі, кесек, әлуетті, айбарлы, қуатты.* **Атан қаптас бура.** *Келедегі ірі, күшті, таңдаулы аталық түйе мағынасында.* **Атан нар**. *Нар түйенің атаны.* **Атан өгіз**. *Піштірілген, ақталған ірі қара.* **Атан өгіздей**. *Арыстай, еңгезердей, үлкен.* **Атан түйе**. *Піштірілген түйе.* **Атан түйедей**. *Еңгезердей, арыстай, үлкен, зор.* **Атан түйедей қалап алды**. *Жата-жабысып сұрады, қымбатқа бағалады.*

**АТАН**= ет. *Ат иелену.*

**АТАНАҚ** зат. 1. кәс. *Құдықтан су тартқанда арқан жылжып тұру үшін салынған блок.* 2. тех. *Мәшинелердің, механизмдердің, аппараттардың іші қуыс цилиндр тәрізді бөлшегі.*

**АТАНАҚ-БҰТАНАҚ** сын. жерг. *Ойлы-қырлы, ойқы-шойқы жер.*

**АТАНАҚТА**= ет. жерг. *Анталау, қаптау, жамырау.*

**АТАНДАЙ** сын. 1. *Атан сияқты, атан тәрізді.* 2. ауыс. *Арыстай, еңгезердей.* 3. ауыс. *Көп, ұзақ.*

**АТАНДАЙЫН** сын. поэт. *Атан сияқты, атан тәрізді.*

**АТАНДЫР**= ет. *Атқа иелендіру, атанту.*

**АТАНДЫРУ** *Атандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТ-АНЖАМ** зат. көне. *Атты ерттеп мінуге, бағып-қағып, күтімін тауып ұстауға қажетті ер-тұрман, нокта-жүген, шылбыр-тізгін, тұсау-шідер т.б. осы сияқты қажетті жабдықтардың жалпы атауы.*

**АТАНЖАРЫС** зат. этн. *Жиын-тойда атандарды жарыстыратын ұлттық ойын.*

**АТАНТ**= ет. *Атқа иелендіру, атандыру.*

**АТАНТҰЯҚ** зат. *Атан тұяғындай етіп құйған алтын, күміс жентегі.*

**Атантұяқ жамбы.** *Атан тұяғына ұқсатып құйылған құйма күміс.*

**АТАНУ** *Атан етістігінің қимыл атауы.*

**АТАНША**[1] зат. *Піштірілген жас түйе.*

**АТАНША**[2] үст. *Атан тәрізді, атанға ұқсап.*

**АТАН-ІНГЕН** зат. *Атан да, інген де, жалпы түйе тұқымы.*

**АТАНЫС**= ет. *Атқа ие болысу.*

**АТАР** зат. жерг. ***Жайылым.***

**АТАРАКСИЯ** [грек. ataraxia] зат. филос. ***Сестілік.***

**АТАР-АТПАС** үст. **1.** *Мылтық, садаққа байланысты: атылуға шақ қалғанда.* **2.** *Күнге, таңға байланысты: таң жаңадан ата бастаған, бірақ әлі күн шықпаған мезгілде.*

**АТ-АРБА** зат. *Ат пен арба.*

**АТАРҚА** зат. жерг. *Төбесін қырлап жапқан үйшік; итарқа.*

**АТАРМАН** зат. көне. әск. **1**. *Садақ, мылтық т.б. атушы жауынгер.* **2**. *Қолшоқпар, сойылсоғар.*

**АТАРМАН-ШАБАРМАН** зат. көне. **1.** *Әскери атақ, лауазымды әскери адамдардың қызметін, тапсырмасын орындаушы кіші дәрежелі адамдар.* **2.** *Қолшоқпар, сойылсоғар, «алып кел, шауып келдің адамы».*

**АТАС**= ет. **1**. *Айтысу, атау.* **2**. этн. *Құда түсісу, атастыру, айттыру.*

**АТАСТЫР**= ет. көне. этн. *Ескі әдет бойынша, ата-аналардың ұл мен қызына құда түсісіп қоюы, айттыру.*

**АТАСТЫРЫП-ҚҰЛАСТЫР**= ет. *Айттыру, құда түсу.*

**АТАСТЫРУ** *Атастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТАСТЫРУЛЫ** сын. *Айттырылған, құда түскен.*

**АТАСТЫРЫЛ**= ет. *Айттырылу.*

**АТАСТЫРЫЛУ** *Атастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АТАСУ** *Атас етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Құда түсу, айттыру.* **2**. сөйл. *Астасу.*

**АТАСЫЗ** сын. **1**. *Атасы жоқ.* **2**. көне. *Тексіз, тәрбиесіз.*

**АТАТ**= ет. **1**. *Айтқызу.* **2**. *Ат тағу, атандыру.*

**АТАТАЙ** зат. эмоц. *Атасынан немесе жасы сол тұстас адамнан бір нәрсені жалына сұрағанда, құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**АТ-АТАҚ** зат. *Даңқ, дәреже.*

**АТАТЕК** зат. **1**. *Ата-бабасы, арғы түбі.* **2**. *Тұқымы, шыққан тегі.*

**АТАТҚЫЗ**= ет. *Айтқызу, ататтыру.*

**АТАТҚЫЗУ** *Ататқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АТАТТЫР**= ет. *Айтқыз, ататқызу.*

**АТАТТЫРУ** *Ататтыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТАТІЛ** зат. лингв. *Туыстас тілдердің жасалуына ұйтқы болған тіл, туыс тілдердің арғы тегі.*

**АТАУ**[1] зат. *Белгілі бір заттың, құбылыстың не ұғымның сөзбен белгіленген аты.*

**Атауды кеңейту**. инф. *Файл атауындағы соңғы нүктеден кейінгі символдар комбинациясын енгізу.* **Атаудың домендік жүйесі**. инф. *Интернет желісіндегі IP адрестерінде компьютердің аты есте сақталатын домендік атауға (мыс., www ip com) ауыстыру механизмі.* **Атаулар бірегейсіздігі**. инф. *Компьютерлік тілдің бір немесе бірнеше ақауды бір атаумен белгілеуге мүмкіндік беретін қасиеті.* **Атау септік**. лингв. <лат. (Casus) nominativus> *Арнайы қосымшасы жоқ кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін септік.* **Атау сөз**. лингв. <лат. nominatio> *Сөздіктерге алынған сөз немесе сөз формасы; реестр сөз.* **Атау тұлға**. лингв. *Атау септігіндегі сөз.*

**АТАУ**[2] зат. діни. *Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы, тамағы.*

**АТАУ**[3] зат. көне. ***Арал.***

**АТАУ**[4] *Ата етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ат беру, ат қою, ат тағу.* **2**. *Айту, атап көрсету.* **3**. *Бір нәрсені біреуге сыйлайтындығын мәлімдеу.*

**АТ-АУАЗА** зат. ***Атақ-даңқ.***

**АТАУДАЙ** сын. *Атау сияқты, атау тәрізді.*

**АТАУ-КЕРЕ** зат. **1**. діни. *Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы.* **2**. ауыс. сөйл. *Тамақ, ас.*

**Атау-кереңді ішкір [жегір].** қарғ. *Өлім халіне ұшырағыр.*

**АТАУЛЫ**[1] зат. *Бір нәрсенің жиынтық тобы және соған жататынның барлығы.*

**АТАУЛЫ**[2] сын. *Басты, елеулі, көрнекті.*

**Атаулы аккредитив**. экон. *Белгілі бір шарттар орындалғанда белгілі сома төленуі қажет жеке немесе заңды тұлға.* **Атаулы акция**. экон. *Алыс-беріс акционерлік қоғамының акцияларын тіркеу кітабында тіркелетін акциялар.* **Атаулы арна**. инф. <ағыл. named pipe> *Бір процестің басқа жергілікті немесе қашық орналасқан процеске мәліметтер жеткізуіне мүмкіндік жасайтын процестер арасындағы әрекеттестік тетігі.* **Атаулы баға**. экон. <лат. nominalis> *Бағалы қағаздарда, қағаз ақшаларда, банкноттарда, теңгелерде көрсетілген белгіленген құн.* **Атаулы жалақы**. экон. *Қызметкердің белгілі бір жұмыс уақытында жұмсаған еңбегінің мөлшері мен сапасына сәйкес алатын еңбек ақысы.* **Атаулы жекешелендіру шоты**. экон. *Азаматтарға заңнама негізінде берілетін, өтеусіз бөлінетін мемлекеттік және муниципалдық меншікті үлес құқығы туралы, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес жекешелендіру салымын пайдалану құқығы туралы мемлекеттік куәлік.* **Атаулы құн**. экон. а) *Бағалы қағаздардың, қағаз ақшаның, сертификаттың, банкноттың беткі жағында көрсетілген баға; көрсетулі баға, яғни бағалықтарда (прейскуранттарда) немесе тауардың өзінде көрсетілген тауарқұны.* ә) *Төлем мерзімі басталған бойда төленуге тиіс сома.* **Атаулы салым**. экон. *Белгілі бір тұлғаға (салымшыға) арналып тіркелген салым.* **Атаулы сан**. мат. *Қарастырылатын шаманың сандық мәні мен өлшеу бірлігі қосыла жазылатын сан.* **Атаулы сөйлем**. лингв. *Тұрлаулы мүшелері ажыратылмайтын, бірақ предикаттық негізі (атаулы сөйлемді құрайтын сөздер) белгілі бір затты атап, оның кейінгі мәтінде ашылуын талап ететін бір тұрлаулы мүшелі жай сөйлем.* **Атаулы тіркес**. лингв. *Бір ғана мағына білдіріп, бір сөздің орнына жұмсалатын сөз тіркесі.* **Атаулы ұстаушы**. экон. *Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға кәсіпқой қатысушы.* **Атаулы чек**. экон. *Белгілі бір адамның атына жазылатын және тек осы адамға ғана төленуге тиісті чек.*

**АТАУНАМА** зат. инф. <ағыл. legend> *Диаграмма мәліметтері белгілегіштерінің атауларын көрсететін элемент.*

**АТАУСЫЗ**[1] сын. **1**. *Аты жоқ, атауы жоқ.* **2**. *Елеусіз, ескерусіз.*

**Атаусыз қалды.** а) *Ешкім аузына алмады, атын атамады.* ә) *Еленбеді, дұрыс бағаланбады.*

**АТАУСЫЗ**[2]**: атаусыз сан**. мат. *Шаманың сандық мәнін білдіретін сан.*

**АТАУСЫЗ**[3] сын. сөйл. *Ассыз, тамақсыз; құралақан.*

**АТАУШЫ: атаушы сөздер**. лингв. *Дербес заттардың, ұғымдардың атаулары ретінде қолданылатын, лексикалық, грамматикалық мағыналары бар негізгі сөздер тобы.*

**АТАУЫЗ**[1] зат. **1**. *Арасына өңделінетін металл затты қысып және бекітіп қоятын екі (жылжитын және жылжымайтын) жақтаушасы бар құрал.* **2**. жерг. *Тістеуік, кемпірауыз.*

**АТАУЫЗ**[2] зат. қолөнер. *Аттың аузына ұқсас өрнек.*

**АТАУЫЗ**[3] зат. анат. *Жауырын сүйегінің бөлігі.*

**АТАУЫШ: атауыш сөздер**. лингв. *Атаушы сөздер.* **Атауыш тұлға**. лингв. *Тыңдаушының назарын аудару үшін я оған белгілі бір реңк бере айту үшін қолданылатын ишарат сөз.*

**АТАШЫМ** зат. экспр. *Көбіне туған атасын құрметтеу, оған ыстық сезімін білдіру нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**АТ-ӘБЗЕЛ** зат. *Аттың ер-тұрманы.*

**АТБАЗЫ** зат. сөйл. ***Атпаз.***

**АТБАЗДАЙ** зат. сөйл. *Атпаз сияқты, атбаз тәрізді.*

**АТБАЙЛАР**[1] зат. *Ат байлайтын ағаш, мама ағаш.*

**АТБАЙЛАР**[2] зат. жерг. этн. *Құда түсіп келгенде, құданың атын байлағаны үшін берілетін кәде.*

**АТБАЙЛАР**[3] зат. *Көмекші, жәрдемші, қамқоршы.*

**АТБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. hemibarbus labeo> *Дене тұрқы 12–30 см, басы бауырына қарай имек және жанына қарай сәл қисайған балық.*

**АТБАП** зат. жерг. *Ат баптаушы.*

**АТБАС: атбас бұршақ**. өс. <лат. vicia faba> ***Атбұршақ.*** **Атбас жамбы.** *Үлкен құйма күміс.* **Атбас қант**. *Ат басына ұқсас кесек қант.* **Атбас талшын**. өс. <лат. aescufus hippocastanum> *Каштан тұқымдас сүректі өсімдік.*

**АТБЕГІ** зат. *Бәйге атын баптайтын адам; атсыншы.*

**АТБЕГІЛІК** зат. *Бәйге атын баптаушылық.*

**АТБЕКЕТ** ор. зат. сөйл. ***Адвокат.***

**АТБЕСІК** зат. көне. *Биіктеу етіп текшелеп жасалған қабір.*

**АТБҰРАН** зат. көне. кәс. *Шахтадағы көмірді жоғарыға атпен тарту арқылы бұрап шығаратын құрылғы.*

**АТБҰРШАҚ** зат. өс. <лат. vicia faba> **1**. *Бақшада өсетін кіндік тамырлы, қауырсын жапырақты біржылдық дәнді дақыл; фасоль.* **2**. *Осы дақылдың бүйрек пішінді дәні, жемісі.*

**АТБҰРЫШ** зат. сөйл. ***Атқұмар.***

**АТЕИЗМ** [франц. atheisme <грек. atheon] зат. филос. *Табиғаттан тыс күштерге (рух, Құдай, ақиреттік өмір т.б.) сенуді жоққа шығаратын көзқарастар жүйесі, бүкіл дін атаулыны жоққа шығару.*

**АТЕИСТ** зат. филос. *Атеизмді толық жақтаушы; дінге сенбейтін, Құдайды мойындамайтын адам.*

**АТЕИСТІК** сын. *Атеиске қатысты, атеиске тән.*

**АТЕКЕ** зат. сөйл. **1.** *Өз атасына немесе жасы сол тұстас қарт адамға (ер) қарата құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Өз атасын немесе жасы сол тұстас қарт адамды (ер) құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**АТЕЛЕКТАЗ** [грек. ateles — бітпеген, толық емес, ektasis — созу] з а т. м е д. *Өкпенің немесе оның бөліктерінің альвеола болмайтын немесе қабысыңқы болып келетін күйі; өкпенің ауасыз солуы, бүрісуі, жиырылып қалуы.*

**АТЕЛЬЕ** [франц. atelier] з а т. *Киім тігетін шеберхана.*

**АТЕРОМА** [грек. atheroma] з а т. м е д. *Терідегі май безі түтіктерінің бітелуінен пайда болатын түйін, без, ісік; қоянтобық.*

**АТЕРОКАЛЬЦИНОЗ** з а т. м е д. *Атеросклероз түйіндағының кальцификацияланып қатаю, беріштену процесі.*

**АТЕРОСКЛЕРОЗ** [грек. athera sklerosis] з а т. м е д. *Жүрек қан тамырларының ішкі қабаты ісініп кететін ауру.*

**АТЕРІН** з а т. қ о л ө н е р. *Аттың ерні тәрізді өрнек.*

**АТЕТОЗ** з а т. м е д. *Саусақтардың бірқалыпты қалтылдап тұруы.*

**АТ-ЖАБДЫҚ** з а т. *Атқа қажет керек-жарақ, құрал-сайман, әбзел.*

**АТЖАЛ**[1] з а т. **1**. *Тізбектеле жатқан үйінділер.* **2.** *Егістік танабында жыртылмай қалған аралық немесе пішен шапқанда орылмай қалған жер.*

**АТЖАЛ**[2] с ы н. **1**. *Ат жалына ұқсас, үсті қырланып келген.* **2**. *Ұзыншалап үйілген, жиналған.*

**АТЖАЛДА=** е т. *Қырлау, дөңестеу.*

**АТЖАЛДАН=** е т. *Қырлану, дөңестену.*

**АТЖАЛДАНУ** *Атжалдан етістігінің қимыл атауы.*

**АТЖАЛМАН** з а т. з о о л. <лат. cricetidae> *Дене тұрқы 7-28 см-дей, түсі қоңыр күрең, ауыл шаруашылығына көп зиян келтіретін тышқан. // Пысық, жан-тәнімен жұмыс істейтін адам.*

**АТЖАЛМАНДАЙ** с ы н. *Атжалман сияқты, атжалман тәрізді.*

**Атжалмандай шұлғиды.** ж е р г. *Пысық, әр іске икемді.*

**АТЖАНДЫ** с ы н. *Атқұмар, атты жақсы көретін.*

**АТЖАП** з а т. к ө н е. а у ы л ш а р. *Егін арық.*

**АТ-ЖАРАҚ** з а т. ж е р г. *Қару-жарақ.*

**АТЖӘМШІ** з а т. с ө й л. *Лау атын айдаушы.*

**АТ-ЖӨН** з а т. с ө й л. *Аты-жөн.*

**АТЖУА** з а т. ө с. *Жуаның бір түрі; талшықты жуа.*

**АТЖҮРГІШ** з а т. ж е р г. ***Қамыш.***

**АТИПИЯ** з а т. м е д. *Атипизм, өзге түрлілік.*

**АТИРЕОЗ** [athyreosis; А- + анат. glandula thyreoidea қалқанша без + -оз] з а т. м е д. *Қалқанша безінің толық жұмыс істемеуі немесе жоқтығы.*

**АТКАШТАН: аткаштан тұқымдасы**. ө с. <лат. hippocastanaceae> *Тұқымы мал азығына пайдаланылатын көпжылдық өсімдік.*

**АТКЕЗШІ** з а т. с ө й л. ***Әткесші.***

**АТКЕПЕ** з а т. *Шағын атқора.*

**АТКОМ** з а т. т а р. с о в е т. **1**. *Атқару комитеті.* **2**. с ө й л. *Атқару комитетінің төрағасы.*

**АТ-КӨЛІК** з а т. *Мінетін ат, мал, мал жегілген арба-шана т.б. қатынас тәсілдері.*

**Ат-көлігің аман ба?** *Жолаушы, жүргінші кісіден аман-саулық сұрау, сәлемдесу.* **Ат-көлігің аман [есен] келдің бе?** *Жолаушы, жүргінші кісіден аман-саулық сұрау, амандасу.*

**АТ-КӨЛІКТІ** с ы н. *Ат-көлігі бар.*

**АТКӨПІР** з а т. *Мал жеген жем-шөптің аяқ астында қалың болып шашылып жатқан қалдықтары; неше түрлі қиқым-сиқым.* // с ы н. *Ретсіз, ағыл-тегіл, көл-көсір. // Аласапыран, дүрбелең.*

**Аткөпір болды**. а) *Көп, мол болды.* ә) *Астан-кестен болды.* **Аткөпір қылды**. а) *Көп етті, толтырды.* ә) *Астан-кестенін шығарды.*

**АТКӨРПЕ** з а т. *Ердің үстіне салынатын кішірек көрпе.*

**АТҚАҚТА=** е т. ж е р г. *Атқылау, тулау, тасырлау, дүсірлеу.*

**АТҚАҚТАТ=** е т. *Тасырлату, дүсірлету.*

**АТҚАЛАҚТА=** е т. *Атқақтау, атқылау.*

**АТҚАМІНЕР** з а т. **1**. т а р. *Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ аулындағы ел билігіне араласқан адам.* **2.** э к с п р. *Әкімдікке жаны құмар, шолақ белсенді.*

**АТҚАМІНЕРЛІК** з а т. *Әкімдік, белсенділік, ел билігіне араласушылық.*

**АТҚАМІНЕРСЫМАҚ** з а т. к е к е с і н. *Шолақ белсенді; «шауып кел», «барып келдің» адамы.*

**АТҚАР=** е т. к і т. **1**. *Тапсырылған жұмысты істеу, орындау.* **2**. *Басынан кешіру, өткеру, өткізу.* **3**. *Ойнау, образға ену.*

**АТҚАРТ=** е т. *Істету, жасату, орындату.*

**АТҚАРУ** *Атқар етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Орындау, жұмыс істеу.* **2**. *Міндетін, парызын өтеу.*

**Атқару комитеті**. с о в е т. *Кеңес өкіметі тұсында аудандық, облыстық және т . б. жергілікті биліктің орындаушы органы.*

**АТҚАРУШЫ** з а т. **1**. қ о ғ. -с а я с и. *Заң шығарушы биліктің қабылдаған заңдарын атқару міндетін орындаушы лауазым иесі.* **2**. т е х. *Нақты әрекеттерді орындай алатын құрылғы.*

**Атқарушы билік**. з а ң. *«Биліктің тармақталуы» заңдарына сәйкес құқық қолданушы билік.* **Атқарушы макрокоманда**. и н ф. <ағыл. effective macro instruction> *Параметрлердің бір немесе екі тізімі бірге пайдаланылатын макрокоманда.* **Атқарушы орган**. с а я с и. *Билікті жүзеге асырушы орын, мекеме.*

**АТҚАРУШЫЛЫҚ** з а т. *Белгілі жұмысты, тапсырманы орындаушылық.*

**АТҚАРЫЛ=** е т. *Істелу, жасалу, орындалу.* **Атқарылатын файл**. и н ф. <ағыл. executable file> *Мәшине кодына аударылған және біртұтас етіп жинақталған бағдарламалық файл.*

**АТҚАРЫЛУ** *Атқарыл етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚАРЫМ** з а т. *Орындалған, жүзеге асқан іс, іс-әрекет.*

**Атқарым баспалдақтары**. э к о н. *Қандайда бір өндірістік мекеме қызметінің маңызды бағыттарын анықтап, оларды жүзеге асыруда қолданылатын қағидаттар.*

**АТҚАРЫМДЫҚ** с ы н. *Жүзеге асырылуға, орындалуы тиіс.*

**Атқарымдық сала**. э к о н. *Бөлімшелері бүтіндей ұйым мүддесіне жұмыс істейтін қызмет саласы.* **Атқарымдық шегерім**. э к о н. *Бағаның азайтылуы.*

**АТҚАРЫМДЫҚ-ҚҰНДЫҚ: атқарымдық-құндық талдау**. э к о н. *Нысандардың атқарымын кешенді түрде жүйелі зерттеу әдіснамасы.*

**АТҚАРЫМДЫҚ-ҰЙЫМДЫҚ: атқарымдық ұйымдық құрылым**. э к о н. *Жекелеген бөлімшелер орындайтын жұмыстардың түріне қатысты құрылған ұйымдық құрылым түрі.*

**АТҚАРЫС=** е т. **1**. к і т. *Істесу, жасасу, орындасу.* **2**. *Өткерісу, бірге өткізу.*

**АТҚАРЫСУ** *Атқарыс етістігінің қимыл атауы; жасасу.*

**АТҚОНАҚ** з а т. ө с. <лат. phleum> **1**. *Ұзындығы 60–100 см-дей, далалы жерлерде өсетін, малазықтық дәнді астық тұқымдасына жататын шөп.* **2**. *Осы өсімдіктің тары тәріздес дәні.*

**АТҚОСШЫ** з а т. **1**. т а р. *Бұрынғы кездегі құрметті жолаушының немесе дәулетті адамның қасына еріп жүріп, оның өзін және атын күтуші адам.* **2**. *Офицердің көмекшісі, қасына ертіп жүретін солдаты; адъютант.* **3**. а у ы с. э к с п р. *Біреудің шашбауын көтеруші.*

**АТҚОСШЫЛЫ: атқосшылы болдың ба?** э т н. *Ер балаға айтылатын інілі болдың ба деген мағынадағы сөз.*

**АТҚОСШЫЛЫҚ** з а т. *Атқосшы міндетін атқарушылық.*

**АТҚУ** *Атқы етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚУМА** з а т. о й ы н. *Бір-бірінің білегін айқастыра ұстаған екі бала үшіншісін айқасқан білекке отырғызып ойнайтын ойын.*

**АТҚУЫЛДА=** е т. ж е р г. *Ашулану, бұлқан-талқан болу.*

**АТҚҰЙРЫҚТАР** з а т. ө с. <лат. hippuridaceae> *Жатаған тамыр сабақты, шоғырланған ұзын жапырақты, гүлдері өте ұсақ, жеке орналасқан, қосжынысты көпжылдық су шөптер тұқымдасына жататын өсімдік.*

**АТҚҰЛАҚ**[1] з а т. ө с. <лат. rumex confertus> *Тарбақ тамырлы, сабағы соядай ұзын көпжылдық өсімдік.*

**АТҚҰЛАҚ**[2] з а т. ө с. ***Саңырауқұлақ.***

**АТҚҰЛАҚ** з а т. ө с. с ө й л. ***Иманжапырақ.***

**АТҚҰЛАҚ**[4] с ы н. *Есуас, ақымақ.*

**АТҚҰЛАҚТАН=** е т. *Шөптің алғашқы жапырағының ат құлағы тәрізді қылтиып шығуы.*

**АТҚҰЛАҚТАНУ** *Атқұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚҰМАР** с ы н. *Атжанды, атты жақсы көретін.*

**АТҚҰМАРЛЫҚ** з а т. *Атжандылық, атты жақсы көрушілік.*

**АТ-ҚҰРАЛ** з а т. с ө й л. ***Ат-сайман.***

**АТҚҰТЫРТҚАН** з а т. ө с. *Қияқтың бір түрі.*

**АТҚЫ**[1] з а т. *Өздігінен атылатын садаққа ұқсас арнаулы садақ пен жебеден тұратын аңшылықта қолданылатын құрал.*

**АТҚЫ**[2] з а т. *Атқудан болған апат, шығын.*

**АТҚЫ=** е т. **1**. *Жоғары қарай шапшу, ыршу.* **2**. *Белгілі бір жаққа қарай атылу, ытқу.*

**АТҚЫЗ=** е т. **1**. *Қарудан оқ шығарткызу, біреуді атып, көзін жойғызу.* **2**. а у ы с. *Шығару, босату, аштыру.*

**АТҚЫЗДЫР=** е т. *Көзін жойғыздыру, оққа ұшыратқызу.*

**АТҚЫЗДЫРТ=** е т. *Оққа ұшыратқыздыр, көзін жойғыздырту.*

**АТҚЫЗДЫРУ** *Атқыздыр етістігінің қимыл атауы; атқылату, шашыратқызу.*

**АТҚЫЗУ** *Атқыз етістігінің қимыл атауы; аттырып көзін жою.*

**АТҚЫЛА=** е т. **1**. *Үсті-үстіне оқ шығару, дүркін-дүркін ату.* **2**. *Бір нәрсені үсті-үстіне лақтыру.* **3**. *Жоғары қарай шапшу, ыршу, ытқу.* **4**. х и м. *Бір нәрсені үсті-үстіне ату арқылы әсер ету, ықпал жасау.* **5.** *Қайта-қайта насыбай иіскелеу.*

**АТҚЫЛАС=** е т. **1**. *Дүркін-дүркін атысу.* **2**. *Бір нәрсені лақтырысу.*

**АТҚЫЛАСУ** *Атқылас етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚЫЛАТ=** е т. *Шашырату, шапшыту.*

**АТҚЫЛАТУ** *Атқылат етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚЫЛАУ** *Атқыла етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Үсті-үстіне оқ ату.* **2**. *Сұйық заттың жоғарыға қарай шапшуы, ытқып шығуы.*

**Атқылау аймағы**. әск. а) *Атыс дәлдігі қамтамасыз етілетін, снаряд немесе оның элементтерінің әуе нысанасын жою мүмкіндіктері сақталатын тік зеңбірек жанындағы кеңістік.* ә) *Ірі және орташа калибрлі тік зеңбірек қаруы үшін әуеде жарылыс болатын, ал кіші калибрлі тік зеңбіректер үшін снарядтық ұшу уақыты өзін-өзі жойғыштың уақытынан кем немесе тепе-тең келетін аймақ.* **Атқылау бұрышы**. әск. *Зеңбіректен атыс жүргізуге болатын көлденең немесе тікбұрыш.*

**АТҚЫЛАУШЫ** зат. *Атушы, атқылау әрекетін орындаушы адам.*

**АТҚЫН** сын. жерг. *Азғын, бұзылған.*

**АТҚЫР: қарғыс атқыр**. қарғ. *Қарғыс тигір.*

**АТҚЫТ**= ет. *Шапшыту, шашырату.*

**АТҚЫТУ** *Атқыт етістігінің қимыл атауы.*

**АТҚЫШ** зат. **1**. әск. *Оқ-дәрімен ататын қарумен қаруланған жаяу әскер жауынгері.* **2**. *Мерген адам. // Оғын мүлт жібермейтін, мерген.*

**Атқыш жасушалар**. биол. *Ішек қуыстылардың сыртқы тері қабатында орналасқан қорғаныш және қорек ұстау қызметін атқарушы жасушалар.* **Атқыштар батальоны**. әск. *Атқыштардан құралған батальон.* **Атқыштар полкі**. әск. *Атқыштардан құралған полк.*

**АТҚЫШТЫҚ** зат. *Мергендік, дәл көздеп атушылық.*

**АТҚЫШШЫЛ** сын. сөйл. ***Атқыш***.

**АТЛАНТ** зат. анат. *Пішіні сақина тәрізді бірінші мойын омыртқа (бауыздау омыртқа).*

**АТЛАНТТАР** [грек. atlas (atlantos)] зат. сәулет. *Еуропалық сәулет өнерінде үйлердің, басқа да ғимараттардың төбелерін, балкондарды, маңдайшаларды көтеріп тұрған ер адамның мүсіндері.*

**АТЛАС**[1] [ар. اطلس] зат. **1**. *Географиялық, астрономиялық, биологиялық, диалектологиялық және т.б. карталардың топтастырылған жинақтық атауы.*

**АТЛАС**[2] [ар. اطلس] зат. **1**. *Бір жақ беті жылтыр келген жібек мата.* **2**. ауыс. поэт. *Жылтыр тегіс жабын.*

**Атлас көйлек**. *Атластан тігілген көйлек.* **Атлас шапан**. *Атластан тігілген шапан.*

**АТ-ЛАУ** зат. *Лауға мінетін ат.*

**АТЛЕТ** [грек. athletes] зат. **1**. спорт. ***Атлетші***. **2**. *Күш жаттығуларымен өнер көрсететін цирк артисі.*

**АТЛЕТИЗМ** зат. **1**. спорт. *Дене бітімінің шымырлығы және сымбаттылығы.* **2**. *Бодибилдинг, культуризм.*

**АТЛЕТИКА** [грек. athletikos] зат. **1**. спорт. *Адамның ептілігін, шеберлігін, төзімділігін, күштілігін арттыру үшін қажетті дене жаттығуларының жиынтығы.* **2**. өнер. *Күш жаттығуларынан, трюктерінен тұратын цирк өнерінің түрі.*

**АТЛЕТИКАЛЫҚ** сын. *Атлетикаға тән, атлетикаға қатысты.*

**АТЛЕТШІ** зат. *Спорттың белгілі бір түрімен шұғылданушы адам.*

**АТМАЙЫ** зат. көне. этн. **1**. *Уақытша пайдалануға берілген аттың ақысы.* **2**. *Байырғы қазақ қоғамының қалыптасқан салтында бай, дәулетті адамдардың тұрмысы жұтаң, жоқ-жітік ағайын жегжаттың, ауылдастарының әл-ауқатын көтеру мақсатымен оларға уақытша пайдалануға мал бөліп беруі.* **3.** *Әдеттік құқық жүйесіндегі билер сотының шешімімен айыпты деп танылған тараптың істі ұйымдастыру қызметі үшін төлейтін төлемі.*

**Атмайы қайтты**. *Мінгізген атының ақысы төленді.* **Атмайын берді**. а) *Атын уақытша пайдаланғаны үшін ақысын берді.* ә) *Ағайын-жегжат, жоқ-жұтаңға уақытша пайдалануға мал бөліп берді.* **Ат майын мінді.** *Біреудің атын ақысын төлеймін деп уақытша мінуге сұрап алды.*

**АТ-МАТЫМЕН** үст. *Атымен бірге, түгел.*

**АТМОСФЕРА** [грек. atmos – бу, sphaira – шар] зат. **1.** *Жерді қаптап тұрған ауа қабаты.* **2**. астр. *Күн, жұлдыз сияқты аспан денелері мен планеталарын қоршап тұрған газ тектес қабат.* **3**. физ. *Ауа қысымын өлшейтін бірлік.* **4**. ауыс. кіт. *Қоршаған орта; әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық жағдай.*

**Атмосфера газдары**. физ. *Жер бетінің атмосферасын құрайтын газдар.* **Атмосферадағы айналым**. физ. *Ауа қабатының қозғалыс жүйесі.* **Атмосферадағы алмасым**. физ. *Жер бетіндегі тығыздығы төмен жылы ауаның жоғары көтерілуімен қабаттаса суық ауа массасының төмен түсуі.* **Атмосферадағы температура инверсиясы**. физ. *Ауа температурасының жер бетінен жоғарылаған сайын өсуі.* **Атмосфера қабаты.** геогр. *Жер бетін жауып тұратын ауа қоршауы.* **Атмосфераны барлап білу**. физ. *Арнайы құралдар (шар ұшқыштар, радиозондтар, метеорологиялық зымырандар, лазерлер, жердің жасанды серіктері, радиолокациялық және т.б. құралдар) арқылы атмосфера температурасының тік және көлденең таралуын, желдің бағыты мен жылдамдығын, қысымын және т.б. шамаларын анықтау.* **Атмосфераны қорғау**. экол. *Атмосфераның барлық қабаттарындағы энергетика мен ауаның химиялық құрамын сақтауды қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы.* **Атмосфера суы**. физ. *Атмосфера ауасында болатын су буы немесе конденсацияның өлшенген өнімдері (тамшылар, кристалдар).* **Атмосфера шебі**. физ. *Атмосферадағы өтпелі белдем немесе екі ауа массасының арасындағы (шартты түрдегі) жігі.* **Атмосфера электрлігі**. физ. *Жер атмосферасындағы электр құбылыстары мен процестерінің жиынтығы.*

**АТМОСФЕРАЛЫҚ** сын. *Атмосфераға тән, атмосфераға қатысты.*

**Атмосфералық акустика**. физ. *Атмосферада дыбыстың пайда болуын, таралуын т.б қасиеттерін зерттейтін акустиканың бөлімі.* **Атмосфералық ауа**. физ. *Жер эволюциясы барысында қалыптасқан газдардың табиғи қоспасы.* **Атмосфералық жауын-шашын**. физ. *Температураның төмендеуіне байланысты атмосферадан жерге түсетін жауын, қар, бұршақ, қырау.* **Атмосфералық коррозия**. физ. *Атмосферадағы химиялық заттектердің әсері нәтижесінде пайда болатын коррозия.* **Атмосфералық қысым**. физ. *Жер бетіне және ондағы барлық денелерге атмосфералық ауаның түсіретін қысымы.* **Атмосфералық ластану**. экол. *Табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен атмосфера ауасына түсетін немесе онда түзілетін физикалық-химиялық агенттер мен заттектер.* **Атмосфералық нөсер**. экон. *Атмосферадан жерге түсетін аса қатты жаңбыр.* **Атмосфералық оптика**. физ. *Жарықтың атмосферада шашылуынан, шағылуынан және жарық дифрактануынан болатын оптикалық құбылыстарды зерттейтін метеорологияның бір бөлімі.* **Атмосфералық өзгеру**. физ. *Ауаның салқындаған қабатының төменге жылжып, жылы ауа қабаттарының астына жинақталуы.* **Атмосфералық су**. физ. *Атмосферада пайда болып, жерге түскен су.* **Атмосфералық тосап**. физ. *Атмосфералық жауын-шашын.*

**АТМОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Дәрі-дәрмек буымен емдеу.*

**АТОЙ** зат. **1**. *Лап қойған шабуыл.* **2**. *Айқайшу, аттан.*

**Атой берді**. а) *Айғайлап дабыл қақты, ұран тастады.* ә) *Белгі берді, көрініс жасады.* б) *Көзге ерекше түсті, мен мұндалады.* **Атойға басты**. *Атой салды.* **Атой салды**. а) *Айғайлап, ұрандап шабуыл жасады.* ә) поэт. *Тынымсыз еңбектенді, асыр салды (тыңға байланысты).* б) поэт. *Буырқанды, бұрсанды, еркіндеді (өзен туралы).* **Атой салу**. *Елге жау тигенде немесе жауға қарсы шапқанда айбат шегіп, сес көрсететін әрекет; сарбаздардың аттарын ойқаста тақырға шығуы.*

**АТОЙЛА**= ет. **1**. *Айғайлап ұрандау; шабуылдау.* **2**. ауыс. поэт. *Шарқ ұру, лап қою (өзен, бұлақ жайында). // Алай-түлей болу (боран, жел жайында).* **3**. *Көңіл аудару, мен мұндалау.* **4**. ауыс. *Бел шешіп ат салысу, құлшына кірісу.*

**АТОЙЛАС**= ет. **1**. *Шабуылдасу, ұрандап, сес көрсетісу.* **2**. ауыс. *Қаптасу, қаумаласу.*

**АТОЙЛАСУ** *Атойлас етістігінің қимыл атауы.*

**АТОЙЛАУ** *Атойла етістігінің қимыл атауы.*

**АТОЛЛ** [ағыл. atoll] зат. геогр. *Теңіздердегі таяз қолтықты қоршап жатқан сақина тәріздес маржан аралдарының бір түрі.*

**АТОМ** [грек. atomos] зат. **1**. физ. *Заттың ядро мен электроннан тұратын өте кіші бөлшегі.* **2**. хим. *Химиялық элементтің өте кіші бөлшегі.* **3**. ауыс. *Атом қаруы, атом бомбасы деген мағынада.*

**Атом артиллериясы**. әск. *Теңіздегі және құрлықтағы нысаналарды атом снарядтарымен жоюға арналған артиллерия.* **Атом бомбасы**. әск. *Атом қуатына негізделіп жасалған бомба; атом қаруы.* **Атом ғасыры [дәуірі, заманы].** *Атом қуаты ғылым мен техниканың, шаруашылықтың барлық саласында пайдаланылған кез, атом қаруы күшті дамыған мезгіл.* **Атом кемесі**. тех. *Ядролық күш қондырғысы орнатылған кемелердің (су үстіндегі, су астындағы) жалпы аты.* **Атом қаруы**. әск. *Атом қуаты арқылы іске қосылатын бомба, снаряд, ракета т.б.* **Атом қаруынан қорғау**. әск. *Әскери техниканы және олардың ішіндегі адамдарды соққы толқындарынан, ядролық жарылыстың зиянды сәулелерінен, өтпелі радиациялардан, радиоактивтік заттармен зақымданудан қорғау жүйесі.* **Атом қуаты [энергиясы].** физ. *Атомдық жарылыстар арқылы алынатын энергия.* **Атом массасы.** физ. *Атомдық масса бірлігімен берілген атомның массасы.* **Атом өнеркәсібі**. *Уран кенін өндіру, өңдеумен шұғылданатын, одан атом энергиясын өндіретін және сол энергиямен жұмыс істейтін өнеркәсіп саласы.* **Атом радиусы**. физ. *Молекулалар мен кристалдардағы атомаралық (ядро аралық) қашықтықты жуықтап анықтау үшін қолданылатын сипаттама.* **Атом сағаты**. тех. *Атом қуатына негізделіп жасалған сағат.* **Атом снаряды**. әск. *Алысқа ататын ірі калибрлі зеңбіректерден атылатын снаряд.* **Атом сүңгуір қайығы**. әск. *Ядролық күш қондырғысы орнатылған сүңгуір қайық.* **Атом сынағы**. әск. *Атом күшін сынап байқау.* **Атом физикасы**. *Атомның құрылысын және оның түрлі қасиеттерін зерттейтін физиканың бөлімі.* **Атом электр стансасы**. тех. *Атом ядросының ыдырау процесінен туатын энергияны пайдаланып жұмыс істейтін электр стансасы.* **Атом ядросы**. физ. *Ең кіші элементарлық бөлшектер: протон мен нейтронның бірігуінен жасалып,*

*электрондардың қоршауында жатқан атом бөлшегі.*

**АТОМАРАЛЫҚ** сын. *Атомдар аралығындағы.*

**АТОМАРЛЫҚ** сын. ***Атомдық.***

**АТОМГЕР** зат. *Атом бомбасын жасаушы және оны қолдануды жақтайтын адам.*

**АТОМДЫҚ** сын. физ. *Атомға қатысты, атомға тән.*

**Атомдық батарея**. физ. *Радиоактивтік ыдырау кезінде бөлінетін энергия электрлік энергияға айналатын ток көзі.* **Атомдық заряд**. әск. *Ядролық қаруда (ракета, снаряд, бомба) қопарылыс тудыру үшін қолданылатын зат.* **Атомдық қозғалтқыш**. тех. *Көлік құралдарында (кеме т.б) механикалық энергия көзі ретінде ядролық энергияны пайдаланатын қондырғы.* **Атомдық масса [салмақ]**. физ. *Химиялық элемент атомы массасының салыстырмалы бірлікпен көрсетілген орташа мәні.* **Атомдық нөмір**. физ. *Атом нөмірі, атом саны.* **Атомдық спектр**. физ. *Еркін немесе әлсіз әсерлесетін атомдардың (мыс, газ, бу) жұтылу және шығару спектрі.* **Атомдық тор**. физ. *Құрамды бөліктердің рөлін бір-бірімен атомдық байланыс арқылы астасқан химиялық элементтер құрайтын кристалдық тор не кристалл.* **Атомдық тосқауыл**. әск. *Қарсыластың соғыс әрекетіне қарсы ядролық қарулар қолдану арқылы жасалатын бөгет.* **Атомдық энергия**. физ. *Атомдық қуат, күш.* **Атомдық ядро.** хим. *Нуклид атомының орталық құрылым элементі, өз бойында атомның басты массасы мен барлық оң зарядын шоғырлаған.*

**АТОМИЗМ** [грек. atomos] зат. физ. *Өте кішкентей бөлшектерден тұратын заттың үзікті құрамы туралы ілім.*

**АТОМОВОЗ** зат. тех. *Атом энергиясымен жұмыс істейтін локомотив.*

**АТОМОХОД** ор. зат. тех. *Атом қуатымен жүретін кеме.*

**АТОМСЫЗ** сын. *Атомға қатыссыз.*

**Атомсыз аймақ**. саяси. *Атом және термоядролық қаруды өндірмейтін және орналастырмайтын аймақ.*

**АТОМШЫ** зат. **1**. *Атомды зерттеумен шұғылданатын адам.* **2**. ауыс. *Атом қаруын агрессиялық мақсатта жұмсаушы адам.*

**АТОМШЫЛ** сын. *Атом қаруын қолданып соғысуды жақтайтын.*

**АТОМЫРАУЛАТУ** зат. спорт. *Белгіленген шеңбердің ішінен салт аттылардың бірін-бірі атпен омыраулата ығыстырып шығаратын сайысы.*

**АТОНИЯ** зат. мед. *Тонуссыздық, әлсіздік, босаңдық.*

**АТОПИЯ** [грек. atopia] зат. мед. **1.** *Аллергия ауруына байланысты.* 2. *Ағзаның басқа жерге орналасуы.*

**АТОПИЯЛЫ** сын. мед. *Атопияға қатысты.*

**АТӨЗГЕРТУ** зат. инф. *Файл ішіндегі мәліметтерді өзгертпей, файлдың, каталогтың немесе буманың атын өзгерту операциясы.*

**АТӨТТІ** үст. сөйл. *Немқұрайлы, немкетті, үстірт.*

**АТПА** зат. көне. **1**. *Егінге су шығаратын ағаш шөмiштен жасалған ең қарапайым құрал.* **2**. *Жерден атқылайтын су көзі.*

**Атпа атты**. *Атпамен егінге су шығарды.* **Атпа бұлақ**. *Атқылаған бұлақ.* **Атпа бұтақша.** бот. *Өсімдік тамырының топырақты жарып шыққан, әлі тарамдана қоймаған өркені.* **Атпа құмжылан ы**. зоол. <лат. echis carinatus> *Сұржыландар тұқымдасына жататын түр; басында үшып бара жатқан құстың кейпі тәрізді суреті бар, басы майда қырлы қабыршақтармен жабылған жылан.*

**АТПАЗ** зат. **1**. *Ат жаратушы, бабына келтіруші; сайыпкер.* **2**. сөйл. *Ат сыншысы; атбегі.*

**АТПАЗШЫ** зат. жерг. *Ат күтуші, баптаушы.*

**АТПАЙ-ШАППАЙ** үст. *Атқан да, шапқан да жоқ, аспай-саспай, тып-тыныш.*

**АТПАҚИЯР** зат. бот. <лат. ecballium> *Асқабақ тұқымдасына жататын бір не көпжылдық өсімдік.*

**АТПАҚЫЛ** зат. *Асық не томпай атып ойнайтын ойынның аты.*

**АТПАЛ** сын. *Денелі, ірі, қайратты; таңдаулы, іріктелген.*

**Атпал азамат [жігіт].** *Денелі, ірі, алпамсадай, қайратты, таңдаулы ер-азамат.* **Атпал қой**. *Таңдаулы, ірі қой.*

**АТПАЛА=** ет. *Суды атпа арқылы жеткізу, атпамен шығару.*

**АТПАЛАУ** *Атпала етістігінің қимыл атауы.*

**АТПАЛДАЙ** сын. *Таңдаулы, іріктелген, зор денелі.*

**АТПАЛЫ** сын. сөйл. ***Атпал.***

**АТПАНАЙЗА** зат. көне. *Кәдімгі найзадан қысқарақ, жеңіл найза; соғыс қаруы, аңшылық құралы.*

**АТПАТАМЫР** зат. бот. *Атпа бүршіктері бар тамыр.*

**АТПАТАМЫРЛЫ** сын. бот. *Жер астындағы тамыр бүршіктері тез өркен беретін (өсімдіктер).*

**АТПАТҰҚЫМДАНУ=** ет. бот. *Өсімдіктердің жемістерін шерте шашу арқылы тұқымдарын таратуы.*

**АТПАШЫ** зат. кәс. *Атпамен су шығарушылар.*

**АТПЕКЕТ** ор. зат. сөйл. ***Адвокат.***

**АТПЫРАШ** зат. жерг. *Атқұмар, ат күтуші.*

**АТРАКЦИЯ** [лат. attractio] зат. лингв. *Белгілі бір сөздің не тұлғаның басқа бір жақын сөздің не тұлғаның орнына жұмсалу құбылысы.*

**АТРЕЗИЯ** [грек. a – жоқ, tresis – тесік] зат. мед. *Ене құрсағындағы төлдің дамуындағы ауытқулардың салдары, бітеу болып туу, табиғи тесігі жоқтық.*

**АТРЕПСИЯ** зат. мед. *Емшектегі балаға жасанды тағам беруден болатын тамақтану бұзылуының ауыр формасы; емшекке жарымау.*

**АТРИБУТ[1]** [лат. attributum] зат. филос. **1**. *Заттың я құбылыстың өзіне тән тұрақты қасиеті, айырымдық белгісі, ерекшелігі.* **2**. *Белгілі бір нәрсенің өзінен ажырамайтын, тұрақты белгісі бола алатын бөліктері.*

**АТРИБУТ[2]** зат. линг. *Сөйлемнің анықтауыш мүшесі немесе анықтауыш сөз.*

**АТРИБУТТЫҚ** сын. *Атрибутқа қатысты, атрибутқа тән.*

**Атрибуттық қатынас**. лингв. *Анықтауыш пен анықталушы сөздердің арасындағы мағыналық байланыс.*

**АТРИБУЦИЯ[1]** [лат. attributio] зат. *Бүркеншік атпен қол қойған немесе анонимдік ғылыми және көркем шығармалардың авторын, жасалу мезгілін, мекенін анықтау ісі.*

**АТРИБУЦИЯ[2]** зат. пед. псих. *Әлеуметтік нысанға (адамға, топқа, әлеуметтік бірлестікке) қабылдау өрісінен тыс сипаттамаларды қосып жазу.*

**АТРИОПОР** зат. биол. *Ең қарапайым желілі (қордалы) жануарлар – қандауыршалардың ауыз қуысына кірген судың желбезек саңылауларын шайып өтіп, денесінің артқы бөлігінен шығатын тесік.*

**АТРОПИН** [лат. atropo (belladonna)] зат. мед. **1**. *Меңдуана, итжидек сияқты өсімдіктерден алынатын eлiрткiш қасиеті бар улы зат.* **2**. *Осы улы заттан жасалынған ақ ұнтақ дәрі.*

**АТРОФИЯ** [грек. atrophia] зат. мед. вет. *Әртүрлі жағдайлардың әсерінен бір органның не тканьнің қалыпты көлемінен кішірейіп семуі, солып қалуы.*

**АТРОФОДЕРМИЯ** [грек. atrophodermia] зат. мед. *Терiнi атрофияға шалдықтаратын бірнеше аурулардың жалпы атауы.*

**АТСАБАН** зат. жерг. ***Атсоқа.***

**АТ-САЙМАН** зат. *Ат және оған керекті жабдықтар; ер-тұрман, қамыт-сайман.*

**АТСАЙЫС** зат. этн. *Атпен әртүрлі ойындар көрсететін спорт түрі.*

**АТСАЛҒЫШ** зат. *Алтын, күміс бұйымға жазу жазуға және әртүрлі сызық, ою түсіруге қолданылатын, жүзі көлбеу болып келетін өткір құрал.*

**АТСАЛЫС=** ет. **1.** *Жәрдемдесу, көмектесу, қол ұшын беру.* **2.** *Үлес қосу, қатысу.*

**АТСАЛЫСУ** *Атсалыс етістігінің қимыл атауы.*

**АТСАУЫТ** зат. этн. *Ұрыс кезінде сарбаздың мінген атын қорғайтын жабу.*

**АТСЕЙІС** зат. жерг. *Атбегі, атпаз, сайыпкер.*

**АТСЕРКЕ** зат. жерг. *Уақытша салынған қамыс қора.*

**АТСОҒАР** зат. жерг. ***Қамшы.***

**АТСОҚА** зат. *Ат жегілетін соқа.*

**АТСОҚТЫ** сын. *Ат үстінде көп жүріп шаршаған, қалжыраған.*

**Атсоқты болды**. *Ат үстінде жол жүріп қалжырады, шаршап-шалдықты.*

**АТСЫЗ[1]** сын. **1**. *Есім қойылмаған, есімсіз, аты жоқ.* **2**. *Тақырыпсыз.*

**АТСЫЗ[2]** сын. *Мінер аты жоқ.*

**АТСЫМАҚ** зат. экспр. менсінбеу. *Толық мәнінде ат деп айтуға болмайтын ат; аяқартар.*

**АТСЫНШЫ** зат. *Атбегі, аттың күйін жақсы білетін адам.*

**АТСЫРА=** ет. **1**. *Атты қажетсіну, атты мінгісі келу.* **2**. ауыс. *Не істерін білмей дағдарып қалу.*

**АТСЫРАТ=** ет. *Дағдарту, шеттету.*

**АТСЫРАТУ** *Атсырат етістігінің қимыл атауы.*

**АТСЫРАТАР** зат. этн. *«Тоғызқұмалақ» ойынының бір атауы.*

**АТСІЛЕУСІН** зат. зоол. *Сілеусіннің бір түрі.*

**АТТА=** ет. **1**. *Бір нәрсенің үстінен адымды кере баспай, секіріңкіреп өтіп кету.* **2**. *Жүру, аяқ басу, адымдау.* **3**. ауыс. *Өмірге ілесу, уақыттан, заманнан қалмау.* **4**. *Қарқындап даму, еселеп өсу, ілгерілеу.*

**Аттап кете алмады**. *Міндетті түрде ескеріп отырды, ұмытпады.* **Аттап кетті**. *Қалдырып кетті, соқпай өтті.* **Аттап өтті**. а) поэт. *Үлкен кедергіден не түрлі асудан қиыншылықсыз өтті, оңай асты.* ә) *Соқпай кетті, қалыс қалдырды.* **Аттап түсті**. *Артқа қалдырды.* **Аттап шықпады**. *Алысқа шығып ешқайда бармады, бір жерден ұзамады.*

**АТТАЙ[1]** сын. *Ат сияқты, ат тәрізді.*

**Аттай желді**. а) *Еркін, тез, жылдам қимылдады; еркінсіді.* ә) *Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадірін білетін адам жөнінде айтылады.* **Аттай қалап, атандай сұрады**. *Қоярда қоймай,*

*беруін өтінді, сұрады.* **Аттай мінді.** *Емін-еркін биледі, билеп-төстеді.*

**АТТАЙ**[2] үст. *Дәл, нақ, тура; бақандай.*

**Аттай бір жыл.** *Толық (дәл, тура) бір жыл.* **Аттай құрдас.** сөйл. *Түйдей құрдас.*

**АТТАЙ-АТТАЙ** үст. *Уақыт оздыра, келе-келе.*

**АТТАҚЫР** зат. жерг. *Малға шөп салатын орын.*

**АТТАМ: адым аттам жер.** *Өте таяу жер.* **Аттам жер.** *Шамамен 1 м-ге тең қашықтық өлшемі.*

**АТТАМА**[1] зат. жерг. *Баспалдақ, басқыш.*

**АТТАМА**[2] сын. сөйл. ***Аттамалы.***

**АТТАМАЛА**= ет. **1.** сөйл. *Аттау, басу, көтерілу.* **2.** ауыс. *Оқу үрдісіндегі келесі сыныпқа (курсқа) бір не бірнеше сыныпты (курсты) тастап көшірілуі; мектепті, оқу орнын уақытынан бұрын бітіру.*

**АТТАМАЛЫ** сын. *Әр жерден бір, үстірт.*

**АТТАН** од. көне. **1.** *«Жау шапты» немесе «ұры түсті» деген суық хабарды білдіру үшін айтылатын ұран сөз.* **2.** *Жауға қарсы дайындалсын деген белгі беріп, «атқа мін», «атқа қон» дегенді білдіретін сөз.*

**Аттанға шапты.** *Аттан салды, аттандады.* **Аттан құрды.** *Шуға шу ұласты, айқай-ұраны бір жерден шықты.* **Аттан салды.** а) *Айқайлады, «аттан» деп ұран салды.* ә) *Шу көтерді, айғайлап, мазаны алды.*

**АТТАН**= ет. **1.** *Кетіп қалу, жүріп кету.* **2.** *Жолға шығу, бір жаққа қарай бет алу.* **3.** *Жорыққа, майданға, соғысқа кету.*

**Аттанар жақ.** *Аттың сол жағы.* **Аттанып кету.** *Жүріп кету, бірден аттану.*

**АТТАНДА**= ет. **1.** *Аттан салу, «аттан! аттан»! – деп айқайлау.* **2.** ауыс. *Ойбай салу, дауыстау.*

**АТТАНДАУ** *Аттанда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дабыл қағу, ұран салу.* **2.** *Айқайлау, ойбай салу.*

**АТТАНДЫР**= ет. *Бір жаққа жіберу, шығарып салу.*

**АТТАНДЫРУ** *Аттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТТАНСЫРА**= ет. *«Аттан», «аттан» деген ұранды аңсау.*

**АТТАНУ** *Аттан етістігінің қимыл атауы; кету, жолға шығу.*

**АТТАНЫС** зат. сөйл. **1.** *Жорық, шабуыл.* **2.** *Белгілі бір жаққа жасалған сапар.*

**АТТАНЫС**= ет. *Жиналысып жолға шығу.*

**АТТАП-БҰТТАП** үст. *Асығып, бір жаққа жүгіре шыққан адамның адымын кең ашып, жолында жатқан заттардың үстінен баса-көктеп, қарғып-секіріп (өту).*

**АТТАРАҚ**[1] зат. *Ұзақ жол жүру, алысқа шабу, жүк арту т.б. жағдайларда терлеген жылқыдан бөлінген тұз түгіне жабысып, сор болып кеуіп қалған қалдық пен шаң-тозаңды түсіру үшін аттың жал-құйрығын сүзіп тарайтын құрал.*

**АТТАРАҚ**[2] зат. жерг. ***Тырма.***

**АТТАС** сын. *Есімдері бірдей, бір есіммен аталынатын.*

**Аттас зарядтар.** физ. *Электрмагнит әсерінің күшін анықтайтын, электрмагнит өрісінің көзі болып табылатын біртектес зарядталған бөлшектер.*

**АТТАСТЫҚ** зат. *Аттас болушылық, тектестік, ұқсастық.*

**АТТАТ**= ет. **1.** *Аяқ бастыру, адымдату.* **2.** *Жіберу, шығару.*

**АТТАТҚЫЗ**= ет. **1.** *Аяқ басқызу, адымдатқызу, өткізу.* **2.** *Салт-дәстүрді бұзғызу, жолдан тайдыру.*

**АТТАТҚЫЗУ** *Аттатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АТТАТТЫР**= ет. *Аяқ бастыру, адымдаттыру.*

**АТТАУ**[1] зат. көне. **1.** *Піспектің басына орнатылған сиыр мүйізінің ұшы.* **2.** *Тегенеге құйылған сүтке жартылай малып тұрып таяқшасын екі алақан арасында ысқылай айналдырып, май шайқайтын ағаш аспап.*

**АТТАУ**[2] *Атта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аяқ басу, адымдау, алға жүру.* **2.** *Ілгерілеу, қозғалу.*

**АТТАУЫШ: аттауыш алу.** этн. *Басынан аттап кету, ырымдау.*

**АТ-ТАХИЯТ: ат-тахият етті.** ескікіт. *Сәлем берді, бас иді, тәжім етті.*

**АТТАШЕ** [франц. attache] зат. дипл. *Дипломаттық елшіліктің қарамағындағы белгілі бір мәселе бойынша маман-консультант; қызметкер.*

**АТТАШЕЛІК** зат. *Атташе қызметін атқарушылық, атташе болушылық.*

**АТТЕНУАЦИЯ** зат. мед. *Патогенді микробтардың вируленттілігінің тұрақты түрде әлсіреуі.*

**АТТЕНЮАТОР** [франц. attenuer] зат. физ. *Күшейткіштердің кіріс қуатын өзгертпестен шығыс қуатын қажетті шамаға азайтатын радиотехникалық құрылғы.*

**АТТЕРШІ** зат. жерг. ***Бақалшы.***

**АТТЕРІС** зат. этн. *Қазақ дәстүрі бойынша жасы үлкен адамға немесе жас келіншектің күйеуінің жақындарына сыпайылықпен қоятын жанама аты, телінген есім.*

**АТТЕСТАТ** [лат. attestari] зат. **1.** *Орта білім алғандығы туралы құжат.* **2.** *Әскери қызметкерге не әскери бөлімге мерзімі көрсетіліп ақша, зат, азық-түлік т.б. алуға берілетін құжат.*

**АТТЕСТАТТАУ** зат. *Біреудің білімі мен іскерлігі туралы пікір, қорытынды, және оның атқарып отырған қызметіне біліктілігінің сәйкес, сәйкес еместігін анықтау ісі.*

**АТТЕСТАЦИЯ** [лат. attestatio] зат. ***Аттестаттау.***

**АТТЕСТАЦИЯЛАУ**= ет. ***Аттестаттау.***

**АТТИК** [грек. attikos] зат. сәулет. **1.** *Үйдің жоғарғы ернеуі үстіндегі бос тұратын жатаған қабырға.* **2.** *Үйдің негізгі қабаттарының үстіне салынған қосымша қабат(аттикалық қабат).*

**АТТИТЮД** [франц. attitude] зат. *Классикалық биде тепе-теңдікті бір аяқпен сақтап, екінші аяқты артқа бүгіп көтеріп тұрған поза.*

**АТ-ТОН** зат. **1.** *Мінер ат, киер киім-кешек.* **2.** ауыс. *Өзіне тән бар болған дүние-мүлкі.*

**Ат-тон айып.** *Ескі дәстүр бойынша төленетін айып.* **Ат-тонын ала қашты.** а) *Жуымады, басын аулаққа салды, алысқа, жыраққа кетті.* ә) *Бет бақтырмады, екі қолын төбесіне қойды, әбден қарсыласты.*

**АТ-ТОПЫР** сын. *Мол, ығы-жығы.*

**АТТРАКТАНТ** зат. хим. *Жануарларды олардың сезімтал жасушаларына жағымды әсер ету арқылы өзіне қарай тартатын табиғи түрде пайда болған және қолдан жасалған синтетикалық еліткіш заттар.*

**АТТРАКЦИОН** [франц. attraction] зат. *Қызықтылығымен жұртқа жақсы әсер қалдыратын түрлі ойындар.*

**АТТРИТ** зат. геол. *Көне өсімдік қалдықтарының сынықтары мен жеке бөлшектерін біріктіретін шөгір.*

**АТ-ТҰРМАН** зат. *Ат-әбзел, ат-сайман, ер-тұрман.*

**АТТҰЯҚ** зат. *Үлкен, жылқы тұяғымен барабар алтын немесе күміс құйма.*

**АТ-ТҮЙЕДЕЙ: ат-түйедей қалады.** *Қымбатқа балап қолқалады, жабысып сұрады.*

**АТТЫ**[1] сын. **1.** *Атқа мінген.* **2.** *Аты бар, көлігі бар.*

**Атты арбап, атан жұтты.** *«Түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жалмауыз ұғымында.* **Атты әскер.** әск. *Әскери әрекеттерге қатысатын, ат үстінде айқас жүргізетін әскер түрі, әскери қол, атты-қарулы жасақ.* **Аттыға [аяқтыға] жол, ауыздыға [жаяуға] сөз бермейді.** *Ешкімге бой бермейтін, есесін жібермейтін; адуын, сөзуар, сөзшең адам туралы.* **Аттыға қарап, жаяудың тәңірісі қалды.** *Мәжбүр болды.* **Аттының аяғын, жаяудың таяғын алған.** *Қу, сұм, айлакер.*

**АТТЫ**[2] сын. **1.** *Есімді, ныспылы.* **2.** *Деген, деп аталатын.*

**АТТЫ-ЖАЯУ** сын. сөйл. *Аттылы-жаяулы.*

**АТТЫ-ЖАЯУЛЫ** сын. *Аттысы бар және жаяуы бар; аралас.*

**АТТЫҚ**[1] зат. сөйл. ***Құйрық.***

**АТТЫҚ**[2] зат. жерг. *Ер ағаштың екі қасы, екі қапталының араларын қосып тартқан ұзынша келген сірі тарамыс.*

**АТТЫҚ**[3] сын. *Атқа тән, атқа татырлық.*

**АТТЫЛЫ** сын. *Атқа мінген (кісі).*

**АТТЫЛЫ-АРБАЛЫ** сын. *Атқа мінгені, арбалысы бар.*

**АТТЫЛЫ-ЖАЯУ** сын. сөйл. ***Аттылы-жаяулы.***

**АТТЫЛЫ-ЖАЯУЛЫ** сын. *Аттысы бар және жаяуы бар, аралас.*

**АТТЫЛЫ-ТОНДЫ** *Көшпелілер салты бойынша: қажетінің бәрі бар (астында аты, үстінде тоны) төрт қыбаласы түгел адамдар.*

**АТТЫР**= ет. *Көздеттіру, көзін жойдыру, өлтіру.*

**АТТЫРМА** зат. *Жыртылған жердің топырағын майдалауға арналған ірі тісті тырмалауыш құрал.*

**АТТІС** зат. жерг. ***Кемпірауыз.***

**АТУ**[1] зат. жерг. ***Мәсі.***

**АТУ**[2] сын. жерг. *Тура, тіке, төте.*

**АТУ**[3] *Ат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өлтіру, көзін жою.* **2.** *Аулау, ұстау.*

**Ату жазасы.** заң. *Қылмыстылар үшін ең жоғарғы жазаның бір түрі.* **Ату жазасына бұйырды.** *Өлтіруге үкім шығарды.* **Ату нақтылығы.** әск. *Белгіленген мерзімде көзделген нысананы оқ-дәріні аз жұмсай отырып жою нәтижесі.* **Ату секторы.** әск. *Оң жақ пен сол жақтағы шектелген екі белгіні (төбешік, ағаш, үй т.б. заттар), қарсыласты жою үшін және атыс құралдарымен тікелей нысанаға алу.*

**АТУ-АСУ**= ет. *Қырып-жою, өлтіру.*

**АТУСЫЗ** сын. *Атылмаған.*

**АТУШЫ**[1] зат. *Атқан, ататын адам.*

**АТУШЫ**[2] зат. жерг. *Кенді дәрімен қопарушы.*

**АТҰЛТАН** зат. сөйл. *Адъютант, шабарман.*

**АТҰРАНЫМЕН** үст. жерг. ***Атымен.***

**АТҰСТАР** зат. көне. этн. *Ұл бала (әдетте жаңа туған ұл бала туралы айтылады).*

**Атұстарың өзіңе тартсын.** тілек. *Ұлың болсын, ол өзіңдей жақсы болсын деген мағынада.*

**АТҮСТІ** үст. **1.** *Үстірт, жеңіл-желпі, жүрдім-бардым, немқұрайды.* **2.** *Жол-жөнекей, асығыс.*

**Атүсті жүріс.** *Күні бойы аттан түспей жол жүру.* **Атүсті қарады.** *Мән бермеді, немқұрайды қарады.*

**АТҮСТІЛІК** з а т. *Немқұрайлы қараушылық, жауапсыздық.*

**АТХАНА** з а т. ж е р г. ***Ат қора.***

**АТША** ү с т. *Ат секілді, атқа ұқсап.*

**Атша тулады**. *Шапшыды.* **Атша шапты**. *Қатты шапты.*

**АТШАБАР** з а т. к ө н е. *Ұлықтың, би-болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман.*

**АТШАБАРЛАП** ү с т. *Атшабарлық істеп.*

**АТШАБЫС** з а т. *Атжарыс, атбәйге.*

**АТ-ШАНА** з а т. *Ат жегілген шана; ат пен шана.*

**АТШАПТЫРЫМ** ү с т. **1**. *Шамамен 2-3 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **2**. *О шеті мен бұ шеті өте үлкен, аумақты.*

**Атшаптырым жер**. *Шамамен 2-3 шақырымдық жер.*

**АТШАП** з а т. ж е р г. ***Атжап.***

**АТ-ШАПАН** з а т. *Құрметті, сыйлы адамға берілетін сыйлық, тарту.*

**Ат-шапан айып**. *Ескі әдет-ғұрып бойынша кінәлі адам төлейтін айып.* **Ат-шапанға ілік болды**. *Ат-шапан айып төледі.*

**АТШОҢҚАЙ** з а т. ө с. *Өзен, көл жағасында, тоғай ішінде өсетін біржылдық шөп.*

**АТШӨЛКЕ** з а т. ж е р г. *Киізден жасалған қамыт.*

**АТШУ** о д. *Түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

**АТШЫ** з а т. **1**. *Ат бағушы адам, ат күтуші.* **2**. *Арбаның не шананың атын жүргізуші адам; көшір.* **3**. *Колхоз-совхоздың, белгілі бір мекеменің, бригаданың аттарын бағатын адам; бақташы.*

**АТЫШЫҚ** з а т. ж е р г. *Каспий жуасы.*

**АТШЫЛЫҚ** з а т. *Атшы болушылық, атқосшылық.*

**АТЫҒЫРЫЛ**= е т. с ө й л. *Жұлыну, тыпыршу, тықыршу.*

**АТЫ-ЖӨНСІЗ** с ы н. *Не екендігі белгісіз; жөні жоқ.*

**АТЫ-ЖӨНІ** з а т. **1**. *Өз аты мен әкесінің аты; кім екендігі туралы мәлімет.* **2**. *Бір нәрсенің атауы, қалай аталатындығы.*

**Аты-жөні жоқ**. *Беталды, жөнсіз, ай-шайға қарамай.*

**АТЫЗ** з а т. **1**. к ә с. *Егістікті суару немесе артық ылғалды шығару үшін тартылатын арық.* **2**. г е о л. *Таужыныстарының мүжылуы нәтижесінде жер бедерінде пайда болатын шағын жыралар.*

**Атыз тарту [соғу].** *Атыз жасау.*

**АТЫЗ-АРЫҚ** з а т. *Атыз және арық, егін (дақылдылар), көкөніс бау-бақша т.б. өсімдіктер егуге (себуге) айдалып, тырмаланып, арықтары тартылып, текшеленіп (атыздanып) дайындалған жерлер.*

**АТЫ-ЗАТЫ** з а т. *Тұрмыстағы, табиғаттағы әр алуан зат-бұйымдар мен құбылыстардың өздеріне тән атаулары мен сол атаулар арқылы аңғарылатын солардың табиғаты, болмысы, өзіндік ерекшеліктері.*

**АТЫЗДА**= е т. *Атыз жасау, атыз-атызға бөлу.*

**АТЫЗДАЙ** с ы н. *Атыз тәрізді; айқыш-ұйқыш, бажырайған.*

**АТЫЗДАУ** *Атызда етістігінің қимыл атауы.*

**АТЫЗДЫ** с ы н. *Атызы бар, атыздалған.*

**АТЫЗ-ЖАП** з а т. *Атыз және жап, далада, егістік жерлерде кездесетін арықтар мен жаптар, ой-шұңқырлар.*

**АТЫҚ**[1]= е т. ж е р г. *Құнығу.*

**АТЫҚ**[2]= е т. ж е р г. *Ысылу, жаттығу.*

**АТЫҚТЫР**= е т. ж е р г. **1**. *Ат қойып үйрету, қойған атқа жаттықтыру.* **2**. *Атандыру, ат тағу.*

**АТЫҚТЫРУ** *Атықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТЫЛ**= е т. **1**. *Қару-жарақтан оқ шығарылу.* **2**. *Жазалану, көзі жойылу.* **3**. а у ы с. *Ерекше қайрат қылып қимылдау, әрекет жасау.* **4**. а у ы с. *Шығу, құру, кету.*

**АТЫЛАС** з а т. с ө й л. ***Атлас.***

**АТЫЛҒАН** с ы н. ж е р г. *Бұзық, шатақ, қазан бұзар.*

**АТЫЛҒЫШ** с ы н. *Атылатын, атып жіберетін.*

**АТЫЛДЫР**= е т. *Орғыту, ырғыту, ышқындыру.*

**АТЫЛТ**= е т. *Шапшыту, жөңкілту.*

**АТЫЛУ** *Атыл етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Оққа ұшу, өлу.* **2**. *Ұмтылу, шабу.*

**АТЫЛЫС** з а т. с ө й л. ***Атыс.***

**АТЫМ**[1] з а т. ж е р г. *Жөн-жоба, рет, ыңғай.*

**Атымы келмеді**. ж е р г. *Жөні, қисыны келмеді.*

**АТЫМ**[2] з а т. *Бір ататындай өлшем, мөлшер.*

**АТЫМДЫ** с ы н. ж е р г. *Құнарлы, шығымды.*

**Атымды жер.** ж е р г. *Егін егуге қолайлы орын, шығымды жер.*

**АТЫМЕН** ү с т. *Мүлде, тіптен.*

**АТЫМТАЙ: атымтай жомарт.** э т н. *Ескі аңыз, әпсаналарда айтылатын, бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам [Халық Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық деп, туабітті қасиетке балаған, өйткені Атымтайдың жомарттығы нәресте кезінен нышан берген: алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін болған. Араб аңыз-әпсаналарында «Һатым» асқан жомарт адамның есімі, ал тай сол адам шыққан тайпаның аты].* **Атымтай жомарт секілді атағым жұртқа білінсе.** *Асқан жомарт-шылығымен елге танылсам.*

**АТЫНАЙ** з а т. д і н и. *Үлкен оқымысты, діни ғалымның әйелі.*

**АТЫП-ШАУЫП** *Мылтық садақпен атып, қылышпен шауып, қырып-жойып, жәбір көрсетіп.*

**АТЫР: көрер таңды көзімен атырды**. *Таң бойы көз ілмеді, ұйықтамады.*

**АТЫРАП**[1] [ар. اطراف] з а т. **1**. *Өлке, өңір, аймақ.* **2**. *Айнала, маңай, төңірек.*

**АТЫРАП**[2] з а т. и н ф. <лат. area, domain> **1**. *Мәліметтерді енгізу, жою және қатынас құру механизмдері қарастырылған кеңістік.* **2**. *Бағдарламалар немесе мәліметтер орналастырылатын компьютер жадының бөлігі.*

**АТЫРАУ**[1] з а т. г е о г р. <грек delta> **1**. *Өзеннің теңізге құятын сағасы.* **2**. с ө й л. *Маңай, айнала, жан-жақ.*

**Атырау шөгінділері.** г е о г р. *Өзеннің атырау түзетін сағаларында жиналатын үйінділер.*

**АТЫРАУ**[2] з а т. ж е р г. *Шөп шықпайтын сортаң жер.*

**АТЫРАУЛАТ**= е т. *Теңіз (мұхит) сағасын қаптай жайыла келу.*

**АТЫРАУЛЫҚ: атыраулық жазық**. *Теңізге (көлге) қарай шамалы еңіс ойпат жазықтық.* **Атыраулық көлдер**. г е о г р. *Жазықтықтағы ірі өзендердің атырауларында орналасқан көлдер (мыс., Еділ ильмендері, Кубань жүзінділері, Сырдария атыраулы).* **Атыраулық шашылымдар**. *Сумен ағып келген материалдар мен пайдалы қазбалардың өзен атырауларында жиналуы.* **Атыраулық шөгінділер**. г е о г р. *Өзеннің теңізге, көлге құятын жерінде жиылған теңіздің, қолтықтың және құрлықтың шөгінді жыныстары.*

**АТЫРЫЛ**= е т. *Бой бермей ытқу, жұлқыну.*

**АТЫРАУЫН** з а т. ө с. ж е р г. *Алтынгүл.*

**АТЫРЫН**= е т. *Жұлыну, тықыршу.*

**АТЫС** з а т. ә с к. **1**. *Ұрыс, соғыс, шайқас.* **2**. *Оқ атылғанда шығатын дыбыс, тарсыл.*

**Атыс алаңы**. ә с к. *Маңдай шебі 1,5-2 шақырым, тереңдігі 5-15 шақырымға дейінгі жертелімі.* **Атыс бекінісі**. ә с к. *Бекініп алып, атыс жасап жатқан жер.* **Атыс жасады [салды].** *Атысты, ұрыс салды, соғысты.* **Атыс жолағы**. ә с к. *Қорғаныста қарсыласты мотоатқыштар және танк бөлімшелерінің (роталарының, взводтарының) атысымен жою көзделген шектегі жергілікті жер алқабы.* **Атыс жүйесі**. ә с к. *Шабуылға шыққан қарсыласты жою үшін қорғаныс шебінде қойылған міндеттердің орындалуына, жердің ерекшеліктеріне, әскери-инженерлік бекіністерге байланысты барлық қару түрлерінен атуға дайындалу.* **Атыс ойығы**. ә с к. *Қорғаныс құрылымының қабырғасындағы пулеметтерден, зең- біректерден, минаатарлардан атыс пен бақылау жүргізілетін ойық.* **Атыс позициясы**. ә с к. *Атыс жасайтын орын; атыс құралдарының орналасқан жері.* **Атыс режимі**. ә с к. *Белгілі бір қару түрінен(зеңбірек, пулемет, минаатар және т.б.) белгілі бір уақыт аралығында қарудың материалдық бөлігіне, қауіпсіздігіне зиян келтірмей және атыс нәтижесін төмендетпей атудың негұрлым көп мөлшері.* **Атыс секторы**. ә с к. *Жауды тікелей нысанаға алып, соғыс қаруларын орналастыру тәртібі, атыс аймағы.* **Атыс толқыны**. ә с к. *Артиллериядан атудың, шабуылды артиллериялық қолдаудың бір түрі.* **Атыс толымы**. ә с к. *Тиісінше берілуге жататын қару-жарақ жиынтығы.* **Атыс түбегі**. ә с к. *Алғы шеп алдындағы немесе қорғаныс төңірегіндегі жер бөлігі.* **Атысты ашу шебі**. ә с к. *Жергілікті жерде барлық қару түрінен атыс жүргізуге рұқсат етілетін (не тыйым салынатын) шартты желі.* **Атыстың кешеуілдеуі**. ә с к. *Лақтыратын снарядтың қалыпты жану процесіне қарағанда бәсеңдеп жануы кезіндегі атыс.* **Атыстың қосымша секторы**. ә с к. *Қорғаныстағы мотоатқыштар бөлімшелерінің, взводының атыс жолағына немесе атқылаудың негізгі секторына, сондай-ақ тура бағыттай атыс жүргізетін атыс құралдарына (пулемет, танк, зеңбірек, жаяу әскер, ұрыс машинасы т.б.) қосымша тағайындалған сектор.* **Атысты түзету посты**. ә с к. *Кемеден көрінбейтін нысаналар бойынша кемелік артиллерия атысын түзетуге арналған әскери қызметшілер тобы.* **Атысты ұйымдастыру**. ә с к. *Қарсыласты жою үшін атысты тиімді қолдану мақсатымен жүргізілетін ұйымдастыру шараларының жиынтығы.* **Атыс ұясы**. ә с к. *Атыс жасап жатқан қуыс, орын.* **Атыс шабуылы**. ә с к. *Артиллерияның тұтқиылдығымен және жиілігімен сипатталатын, көшпелі және жүйелі а т ы с п е н жүргізілетін атыс міндеттерін орындау тәсілі.* **Атыс шебі**. ә с к. *Ұрыс жүріп жатқан жер.*

**АТЫС**= е т. **1**. *Көздесу, нысанаға алып, оқ тигізу.* **2**. *Соғысу, шайқасу, жауласу.* **3**. а у ы с. *Араздасу, өштесу, қағысу.*

**АТЫСПАҚ** з а т. *Соғыспақ, ұрыспақ.*

**АТЫСТЫР**= е т. *Бір-бірімен өштестіру, араздастыру.*

**АТЫСТЫРҒЫШ** сын. сөйл. *Біреуді біреуге айдап салғыш, араздастырғыш, өштестіргіш.*

**АТЫСТЫРУ** *Атыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АТЫСТЫРЫП-ШАБЫСТЫР**= ет. *Жауластыру, араздастыру.*

**АТЫСУ** *Атыс етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Нысанаға алып оқ тигізу.* **2**. *Соғысу, шайқасу.*

**АТЫС-ШАБЫС** зат. *Кескілескен ұрыс, қырғын соғыс.*

**АТЫСЫП-ШАБЫС**= ет. **1**. *Соғысу, кескілесу.* **2**. *Ұрысып-таласу, араздасу.*

**АТЫШАҚ** зат. өс. жерг. *Каспий жуасы (далалы, құмды жерлерде кездесетін ащы өсімдік).*

**АТЫШЗАТ** зат. жерг. ***Пеш.***

**АУ**[1] зат. кәс. **1**. *Балық ұстайтын үлкен тор, сүзгі.* **2**. *Құс ұстауға лайықтап жасалған тор.* **3**. *Өрмекшінің торы.* **4**. көне. ***Аң.***

**Ауға шықты**. сөйл. *Аң аулауға, құс атуға барды.* **Ау қазаны**. кәс. *Қабадан аудың ең асты, түбі.* **Ау қапты**. *Ауға түсті.* **Ау қарады**. *Құрған ауды тексерді.* **Ау құрды**. а) *Суға тор салды.* ә) *Тосқауыл жасады, торыды.* **Ау қылды**. көне. *Аң аулауға шықты.* **Ау майланды**. кәс. *Торға балық көп түсті.* **Ау майлансын!** тілек. *Торыңа балық көп түссін деген мағынаны білдіретін сөз.* **Ау салды**. *Торды суға түсірді, балық аулады.* **Ау салу.** кәс. *Балық аулау үшін тор құру, суға ау тастау.* **Ау тартты**. *Ау салды, балық ұстады.* **Ау тоқыды**. *Ау жасады.* **Ау төкті**. жерг. *Ау салды, құрды.*

**АУ**[2] зат. *Шалбардың, сымның, іш киімнің екі балағының түйіскен жері.*

**Ауы атқа тиді**. *Ат мініп, ел қатарына кірді.*

**АУ**[3] од. **1**. *Дауыстау, шақыру, дыбыс беру кезінде айтылатын ишарат сөз.* **2**. *Шақыруға жауап ретінде айтылатын ишарат сөз.* **3**. *Көпшілікті, біреуді өзіне қарату үшін айтылатын дыбыстық ишарат.* **4**. *Ыза болғандықты, кіжінгендікті білдіретін ишарат сөз.*

**Ау дескендей**. *Келіскендей, уәделескендей.*

**АУ**[4] шыл. **1**. *Таңдану, таңырқау мағынасында.* **2**. *Күдіктену, қауіптену сезімін білдіреді.* **3**. *Жорамалдау, топшылау мағынасында.* **4**. *Өкініш, күйініш, реніш сезімдерін білдіреді.* **5**. *Армандау, сағыныш мағынасын береді.*

**АУ**= ет. **1**. *Қисаю, ауытқу, көліктің қапталына я бауырына түсу.* **2**. *Аударылып қалу, құлау.* **3**. *Көшу, мекенін, қонысын жаңарту.* **4**. *Белгілі бір шектен, межеден, мөлшерден, мезгілден өту.* **5**. ауыс. *Біреуге икемделу, бір нәрсеге қарай ыңғайлану, өзгеру, айну.*

**Ауа жайылды**. а) *Ара жігі алшақтап, бөлініп кетті.* ә) *Лағып, бетімен кетті.* **Ауған кебеже.** этн. *Төрт ағаштан төрт бас (таяныш) жасап, сол бастардың әрқайсысын 3-4 жерден тесіп, шарбақ өткізіп жасаған кебеже (қорап, қоршау).* **Ауа көшті**. *Түйдегімен көшті, тобымен кетті, тұтастай көшті.*

**АУА**[1] [ар. القلويات] зат. **1**. *Сыртқы ортаның тіршілікке, тыныс алу үшін аса қажетті мәнді бөлшегі; түссіз, иіссіз зат.* **2**. физ. *Жер атмосферасын құрайтын газ тәрізді заттардың жалпы жиынтығы; атмосфера.*

**Ауа ағыны**. физ. *Ауырлық күші әсерінен суық ауаның беткей бойынша төмен орын ауыстыруы (суық ауа жылы ауадан ауырлау болады).* **Ауа айдағыш**. тех. *Байыту фабрикаларында вакуум-сүзгіштер құрамына кіретін құрылғы.* **Ауа айналып жерге түскендей**. *Өте ыстық, тымырсық.* **Ауа алмасу**. физ. *Ауаның ауысып тұруы.* **Ауа баптау**. тех. *Жабық бөлмелердегі, ғимараттардағы, көліктердегі және т.б. орындардағы ауа температурасының, салыстырмалы ылғалдығының, тазалығының, құрамының, жылдамдығының адам ағзасына немесе технологиялық үрдістерге қолайлы жағдайын жасау және оны автоматты түрде қалыптау.* **Ауа бассейні**. физ. *Белгілі бір аудандағы ауа кеңістігі.* **Ауа [ауа райы] бұзылды.** *Ауа райы өзгеріп, күн бұлттанды, жел тұрды, жауын-шашын болды.* **Ауада шынықтыру.** мәш. *Тыныш ауада суытумен шынықтыру.* **Ауа дивергенциясы**. физ. *Ауа ағындарының таралу нүктесінен немесе және онымен бір мезгілде ауа массасының жалпы тасымалдануы бағытында таралуы.* **Ауа жолдары**. анат. *Қуысында ауа тазаланып, жылынып, су буымен қанығып, өкпенің газ алмасу бөлігіне өтетін түтікше мүшелер жүйесі.* **Ауа жұтты.** *Таза ауаға шығып дем алды; тыныс (дем) алды.* **Ауа кедергісі**. физ. *Ауа бөгеті.* **Ауа кемесі.** сөйл. *Ғарыш кемесі.* **Ауа көпіршігі**. тех. *Флотациялық байытуда пульпа ішінде әртүрлі әдіспен ауа енгізіліп, оның арнаулы әдіспен ұсақ көпіршіктерге бөлінуі.* **Ауа қабаты**. геогр. *Жердің ауадан тұратын қоршауы.* **Ауа қабығы**. астр. *Планеталарды қоршап тұратын, олармен тұтастықта қозғалатын қабық; жерді қоршап тұрған атмосфера.* **Ауа қапшығы**. анат. *Жоғары сатыдағы хордалыларда кездесетін іші ауаға толған қуыс.* **Ауа қуыстары**. анат. *Денедегі ауа сақталатын жерлер.* **Ауа қысымы**. физ. *Зат бетінің белгілі бір бөлшегіне түсетін ауа күші (өлшем).* **Ауа массасы**. физ. *Көлемі жағынан құрлықпен мұхиттардың бөліктерімен салыстырылатын, көлденең бағытта біртұтас бүтін тәрізді ауысатын және біртекстес метеорологиялық элементтерден тұратын тропосфераның төменгі қабатындағы ауа аумағы.* **Ауамен байыту**. физ. *Ауырлығы әртүрлі кен түйіршіктерін үзілмелі және төменнен жоғары қарай бағытталған қысыммен берілетін ауамен байыту.* **Ауамен жылыту**. физ. *Жылу жүйесі арқылы бөлмелерді ыстық ауамен жылыту.* **Ауамен шынықтыру**. мед. *Ағзаны шынықтыру әдісінің бір түрі.* **Ауаны былғады.** *Сасытты, мүңкітті, бықсытты, жағымсыз иіс шығарды.* **Ауаның абсолют ылғалдылығы.** геогр. *Ылғал ауаның 1 текше метрінде болатын су буының граммен берілген ылғалдылығы.* **Ауаның жылылық салмағы**. физ. *Суық және жылы ауаның араласуынан пайда болған ауа салмағы.* **Ауаның қалдық шаңдылығы**. физ. *Ауаның шаңын кетіру үшін қолданылатын амалдардан кейін қалған ауаның шаңдылығы.* **Ауаның салыстырмалы ылғалдығы.** физ. *Берілген температурадағы ауаның құрамындағы су буы парциаль қысымының сол температурадағы қаныққан су буының қысымына процентпен берілген қатынасы.* **Ауаны сызды.** *Тыныштықты бұзып, дауыстады.* **Ауа өткізбейтін есіктер**. тех. *Паналау ғимараттарына радиоактивті, улы және бактериялық заттар кірмеуі үшін кіру есіктерін, тамбурларды, тамбур-шлюздерді, апаттық шығу жолдарын тығыздап жабуға арналған темір және ағаш құрастырмаларынан жасалған құрылғы.* **Ауа өткізбейтін клапандар**. тех. *Үйлерді сыртқы ортадан немесе бір үйлерді басқаларынан сенімді түрде ажыратып тастау үшін желдеткіш жүйелерінің ауа жолдарына орнатылатын клапандар.* **Ауа райы.** а) геогр. <грек. klimatos> *Белгілі бір жердегі ұзақ уақыт бойы қалыптасқан атмосфералық жағдай, сол жердің географиялық сипатының бірі.* ә) сөйл. ***Күн райы.*** **Ауа райы жағдайы**. геогр. *Көп жылғы бақылаулар негізінде анықталған жергілікті жердегі ауа райының ауысу жүйелілігі мен жиынтығы.* **Ауа райы картасы**. геогр. *Үлкен аумақта бір уақытта бақыланған ауа райы туралы мәліметтерді сандар және шартты белгілермен белгілейтін географиялық карта.* **Ауа райына әсер ету**. геогр. *Ауа райының кейбір құбылыстарын (жаңбыр, бұршақ) жасанды түрде болғызу немесе тоқтату, бұлттарды тарату т.б.* **Ауа райын болжау**. геогр. *Атмосфералық процестерге талдау жасау негізінде күн райын болжау.* **Ауасы ауыр**. *Ауасы нашар, қолайсыз, таза емес.* **Ауа температурасы**. астр. *Атмосфераның жылулық күйін сипаттайтын метеорологиялық өлшем.* **Ауа толқыны**. физ. *Атмосферада болатын тербеліс, қозғалыс.* **Ауа ылғалдылығы**. тех. *Ауадағы су буының мөлшері.*

**АУА**[2] зат. сөйл. ***Әуе.***

**АУА**[3] зат. көне. ***Ауан*** *(ағым, ыңғай, икем).*

**АУА**[4] зат. жерг. *Оқиға, көтеріліс, қозғалыс.*

**АУАДАЙ** сын. *Ауа тәрізді, ауа сияқты.*

**Ауадай қажет**. *Өте қажет, ділгір, тапшы.*

**АУАДАН** зат. сөйл. *Аудан, мекен.*

**АУАЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Бетімен кетушілік.*

**АУАЗ** зат. сөйл. ***Әуез.***

**АУАЗА** зат. сөйл. *Атақ, даңқ.*

**АУАҚЫЗДЫРҒЫШ** зат. тех. *Өзі арқылы өтетін ауаны қыздыруға арналған жылу ауыстыру аппараты.*

**АУАЛА**= ет. сөйл. ***Әуеле.***

**АУАЛАН**[1]= ет. сөйл. *Наразы болу, толқу.*

**АУАЛАН**[2]= ет. *Көңілін алдау, тоқмейілсу, алдану.*

**АУАЛАНДЫРУШЫ** зат. *Толқытушы, наразылық тудырушы.*

**АУАЛАНУ** *Ауалан етістігінің қимыл атауы.*

**АУАЛАТ**= ет. *Көкке бойлату, аспандату, әуелету.*

**АУАЛАТУ** сөйл. *Ауалат етістігінің қимыл атауы.*

**АУАЛЫ** сын. *Ауаға бай, ауасы мол.*

**Ауалы сүйектер**. анат. <лат. os – сүйек, pneumatikos – ауалы> *Қуыстары ауаға толған сүйектер.*

**АУАМ** сын. көне. *Қараңғы, надан, білімсіз.*

**АУАМДЫҚ** зат. көне. *Қараңғылық, надандық, білімсіздік.*

**АУАН**[1] [ар. أوان] зат. *Ағым, ыңғай, икем.*

**Ауанына көшті.** *Ығына жығылды, дегеніне көнді, қарсы келмеді.*

**АУАН**[2] сын. көне. *Кең, үлкен, терең.*

**АУАНДА**= ет. **1**. *Екі жаққа кезек-кезек төңкеріліп қозғалыс жасау, ауу.* **2**. ауыс. *Еркінсу, бетімен кету.*

**АУАӨТКЕЛ** зат. тех. *Кен қазбаларындағы таза және пайдаланылған ауа ағымдарын бөлуге, оқшаулауға арналған желдеткіш құрылғы.*

**АУАСУЫТҚЫШ** зат. тех. *Ауаны суытатын қондырғы.*

**АУАСЫЗ** сын. *Ауасы жоқ, ауа болмайтын.*

**АУАТАЗАРТҚЫШ** зат. тех. *Автомобиль, тракторларда болатын ауа тазартатын аспап.*

**АУАТАМЫР** зат. биол. <грек. bronchos – тыныс, көмей> *Кеңірдектің екі негізгі ауата-*

*мырға тараған (бифуркация) тұсынан бастап, ауатамыршаларға (бронхиолалар) дейінгі кеңірдек тармақтары.*

**АУАТАМЫРША** зат. биол. <грек. bronchiolos > *Ауатамырлы тармақтардың соңғы тармақтары.*

**АУАТАРАТҚЫШ** зат. тех. *Ауа таратушы аспап.*

**АУАТКОМ** зат. совет. **1**. *Аудандық атқару комитеті (ұйым, мекеме).* **2**. сөйл. *Осы ұйымның бастығы; төрағасы.*

**АУАҮРЛЕГІШ** зат. тех. *Пеш пен қазандықтың оттығына ауаны 1,0–3,0 атмосфералық қысым мөлшерінде немесе басқа өндірістік қондырғыларға ауа беруге арналған сорғы.*

**АУАШ** үст. жерг. *Аулақ, оңаша.*

**АУАША** үст. сөйл. ***Ауаш.***

**АУАШАЛА=** ет. жерг. *Қостау, мақұлдау.*

**АУГЕР** сын. сөйл. *Аң аулағыш, аңқұмар.*

**АУГМЕНТАТИВ** [лат. augmentum] зат. лингв. *Үлкейту мағынасын беретін сөздер.*

**АУҒАН** зат. *Ауғанстанның негізгі халқы.*

**АУҒАРЫС**= ет. сөйл. *Аударыс, берілу.*

**АУҒЫЗ**= ет. *Көшірту, ауыстырту.*

**АУҒЫН** зат. *Ауып келген (адам), босқын.*

**АУҒЫШ** сын. *Құмар, қызыққыш, көңіл бөлгіш.*

**АУҒЫШТА**= ет. *Әлсін-әлсін ауытқу, ауысу.*

**АУҒЫШТАУ** *Ауғышта етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАЙ** сын. *Ау сияқты, ау тәрізді.*

**АУДАН**[1] зат. **1**. *Белгілі бір жер, орын, аумақ.* **2**. геом. *Көлем, аумақ.* **3**. қоғ. саяси. *Бір бірлікке қарайтын жердің, елдің әкімшілік-территориялық жағынан бөлінген бөлігі.*

**Аудан әкімі**. қоғ.-саяси. *Аудандық мемлекеттік атқару органдарының басшысы.* **Аудан басшылары**. *Аудандық жетекші мекемелердің басшылары.* **Аудан орталығы**. *Аудандық мекемелер орналасқан мекен.*

**АУДАН**[2] зат. жерг. *Алдын бөгеп, тоқтатқан су.*

**АУДАНАРАЛЫҚ** сын. *Аудандар арасындағы, аралығындағы.*

**АУДАНДА**= ет. **1**. *Жерді, аймақты белгілі бір бөлікке бөлу, аудан-ауданға бөлу.* **2**. *Белгілі бір белгісі, нышаны бойынша жердің ауқымды бөлігін аудандастыру.*

**АУДАНДАНА** үст. *Көлемдене, ауқымдана, аудан-аудан бойынша.*

**АУДАНДАСТЫР**= ет. *Жергілікті жерге, белгілі бір ауданға үйрету, бейімдеу.*

**АУДАНДАСТЫРУ** зат. геогр. *Өзара бірдей сипаттары бойынша аумақтарды, немесе акваторияларды бөліктерге, аудандарға бөлу ісі.*

**АУДАНДАСТЫРУ** *Аудандастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАНДАСТЫРЫЛ**= ет. *Жергіліктендірілу, жерге бейімделу.*

**АУДАНДАСТЫРЫЛУ** *Аудандастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАНДАУ** *Ауданда етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Жерді, аймақты белгілі бір бөлікке бөлу, аудан-ауданға бөлу.* **2**. *Белгілі бір белгісі, нышаны бойынша жердің ауқымды бөлігін аудандастыру.*

**АУДАНДЫ** сын. *Көлемді, ауқымды.*

**АУДАНДЫҚ** сын. *Аудан көлеміндегі, ауданға тән, қатысты.*

**Аудандық газет.** *Аудан көлемінде таралатын мерзімді басылым, аудандық баспа органы.* **Аудандық кеңес.** тар. *Аудандық үкімет орны.*

**АУДАННАМА** зат. геогр. ***Аудантану.***

**АУДАНСЫЗ** сын. жерг. *Көлемсіз, ауқымсыз, шағын.*

**АУДАНТАНУ** зат. геогр. *Қандай да бір елдің аудандарын географиялық зерттеумен және сипаттаумен айналысатын елтану ғылымының бөлігі.*

**АУДАР**[1]= ет. **1**. *Қопару, аударыстыру, төңкеру.* **2**. *Адамды көліктен, аттың үстінен т.б. құлату, жұлып алу.* **3**. *Күрескен, алысқан екі адамның бірін-бірі астына түсіруі.* **4**. *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, екінші жағына ауыстыру, кітап пен газет-журналдың беттерін ашып қарастыру.* **5**. *Бір нәрсені төгіп алу, ақтара салу; қотару.* **6**. *Басқа жаққа ауыстыру, көшіру.* **7**. *Бұрып әкету, бағытын өзгерту.* **8**. ауыс. *Жаласын, кінәсін біреуге жабу.*

**Аудара қарап, ақтара тексерді.** *Әбден анығына жетті, егжей-тегжейіне шейін анықтады.*

**АУДАР**[2]= ет. *Бір тілдегі шығарманы басқа тілде айтып беру немесе жазып шығу; тәржімелеу.*

**АУДАРА-ТӨҢКЕРЕ** үст. *Белгілі бір затты домалату, басқа жағымен жатқызу, қою.*

**АУДАРҒЫШ**[1] зат. инф. <ағыл. translator> **1**. *Бір тілде берілген (жазылған) алгоритмді екінші тіл түрінде ауыстыратын бағдарлама.* **2**. *Бағдарламаны аударатын бағдарлама немесе техникалық құрылғы; бастапқы бағдарламаны объекті модульге айналдыратын өңдеуші бағдарлама.*

**АУДАРҒЫШ**[2] зат. металл. *Металды қысыммен өңдегенде құймакесекті, дайындаманы аударуға қолданылатын жабдық.*

**АУДАРҒЫШ**[3] сын. *Көп аударатын, аударуды машық еткен, жетік меңгерген.*

**АУДАРҒЫШТА**= ет. *Қайта-қайта аудару.*

**АУДАРМА**[1] зат. *Бір тілден екінші тілге тәржімеленген шығарма.*

**Аударма сөздік**. лингв. *Бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, аудармасын беруді мақсат ететін сөздік.*

**АУДАРМА**[2] зат. экон. *Несие мекемелерімен байланыс кәсіпорындарының заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатын аудару.*

**Аударма вексель**. экон. *Белгілі бір валюта түріндегі ақшаның белгілі бір сомасына берілген, төлемінің нақты мерзімі көрсетілетін шартсыз, жазбаша айналымдық төлем талабы.* **Аударма операциялары**. экон. *Несие мекемелері мен байланыс кәсіпорындарының заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатты аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау жөніндегі операциялары.*

**АУДАРМА**[3]**: аударма бас етік**. *Қалыпқа тартылмай-ақ, жай кептеліп барып ұлтарылатын етік.*

**АУДАРМАЙ** үст. сөйл. *Айнытпай, дәлме-дәл, тура.*

**АУДАРМАЛА**= ет. *Астын үстіне келтіру, аударып-төңкеру, ақтару.*

**АУДАРМАЛЫ: аудармалы егін**. *Ауыстырып салатын егін.*

**Аудармалы календарь**. сөйл. ***Күнпарақ.***

**АУДАРМАЛЫҚ** сын. *Аударылған, аудару арқылы жазылған.*

**АУДАРМАСЫЗ** сын. *Бір тілден екінші тілге аударылмаған, аудармасы жоқ.*

**АУДАРМАШЫ** зат. *Бір тілден екінші тілге аударушы, тәржімеші.*

**АУДАРМАШЫЛЫҚ** зат. *Аудармашы болу өнері, кәсібі.*

**АУДАРТ**[1]= ет. **1**. *Қопарту, аударыстыру.* **2.** *Көшірту, ауыстыру, өз иелігіне алу.*

**АУДАРТ**[2]= ет. *Бір тілдегі шығарманы басқа тілде айтып бергізу не жаздыру.*

**АУДАРТТЫР**[1]= ет. *Бір тілдегі шығарманы екінші тілмен айттыру не жаздырту.*

**АУДАРТТЫР**[2]**: Құран аударттыр**. діни. *Қайтыс болған кісіге сауабы тисін деп, Құранның аят, дұғаларын оқытқызу.*

**АУДАРТУ**[1] *Аударт етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАРТУ**[2] *Аударт етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАРУ**[1] *Аудар етістігінің қимыл атауы; қопару, төңкеру, аударыстыру.*

**АУДАРУ**[2] *Аудар етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір тілдегі шығарманы екінші тілде айтып беру не жазып шығу, тәржімелеу.* **2**. инф. *Бағдарлау тілінде бағдарламаны оған ұқсас басқа тілдегі бағдарламада түрлендіру.*

**Аудару уақыты**. инф. *Транслятор жұмысына жұмсалған уақыт.*

**АУДАРУШЫ** зат. сөйл. *Аудармашы, тәржімелеуші.*

**АУДАРУШЫЛЫҚ** зат. *Аударма мәселесімен шұғылданушылық.*

**АУДАРЫЛ**[1]= ет. **1.** *Көліктің төңкеріліп қалуы.* **2**. *Адамды көліктен, аттың үстінен т.б. құлату, жұлып алу.* **3**. ауыс. *Жолы болмау, тауы шағылу.*

**Аударыла көшті**. *Түгел, түтас көшті.*

**АУДАРЫЛ**[2]= ет. **1**. *Бір тілдегі шығарманың басқа тілде тәржімеленуі.* **2.** инф. *Бағдарлау тіліндегі бағдарламаны оған ұқсас басқа тілдегі бағдарламада түрлендірілу.*

**АУДАРЫЛУ**[1] *Аударыл етістігінің қимыл атауы; көшірілу, ауысу.*

**АУДАРЫЛУ**[2] *Аударыл етістігінің қимыл атауы; шығарманың басқа тілге тәржімеленуі.*

**АУДАРЫЛЫП-ТӨҢКЕРІЛ**= ет. **1**. *Домалану.* **2**. *Асты-үстіне келу, ақтарылу, қайта қаралу.* **3**. *Ауыр қимылдау, ебедейсіз қозғалыс жасау.*

**АУДАРЫМ** зат. экон. *Кәсіпорын, фирма төлейтін төлемдер, жұмсайтын шығындар.*

**АУДАРЫП-ТӨҢКЕР**= ет. **1**. *Домалау.* **2**. *Қопару, астын үстіне келтіру.*

**АУДАРЫС** зат. сөйл. ***Аударыспақ*** *(ойын).*

**АУДАРЫП-ТӨҢКЕРУ** *Аударып-төңкер етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАРЫС**= ет. *Көлік үстінен бірін-бірі құлатысу, төңкерісу.*

**АУДАРЫСПАҚ** зат. ойын. **1**. *Ат үстіндегі екі адамның бірін-бірі аударып алу үшін сайысуы.* **2**. ауыс. тар. *Шұғыл өзгеріс; төңкеріс.*

**Аударыспақ заман**. *Аласапыран кезең.* **Аударыспақ ойнады**. *Жағаласып, алма кезек күш сынасты.*

**АУДАРЫСПАҚТА**= ет. *Әрі-бері аударыстыру.*

**АУДАРЫС-ТӨҢКЕРІС** зат. *Аумалы-төкпелі заман, қиын-қыстау кезең.*

**АУДАРЫСТЫР**= ет. **1**. *Асты-үстін ауыстыру, араластыру.* **2.** *Ақтару, қарау.*

**АУДАРЫСТЫРУ** *Аударыстыр етістігінің қимыл атауы; араластыру, ақтару.*

**АУДАРЫСТЫРЫЛ**= ет. *Қарастырылу, асты-үстіне келтірілу, ақтарылу.*

**АУДАРЫСТЫРЫЛУ** *Аударыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАРЫСТЫРЫП-ТӨҢКЕРІСТІР**= ет. *Мұқият, зер сала қарастырту.*

**АУДАРЫСТЫРЫП-ТӨҢКЕРІСТІРУ** *Аударыстыр-төңкерістір етістігінің қимыл атауы.*

**АУДАРЫСУ**[1] *Аударыс етістігінің қимыл атауы; бірін-бірі құлатысу, төңкерісу.*

**АУДАРЫСУ**[2] *Аударыс етістігінің қимыл атауы; бір тілдегі шығарманы екінші тілде бірге жазып шығу, тәржімалау.*

**АУДИЕНЦИЯ** [лат. audientia] зат. саяси. *Жоғары дәрежелі қызметтегі адамның ресми қабылдауы.*

**АУДИО...** [лат. audire] *Дыбысты жазу, шығару үшін қажетті техникалық құрылғылар-ды білдіретін күрделі сөздердің бірінші сыңары.*

**АУДИОАЛЬБОМ** зат. муз. *Аудиоақпарат тарату мақсаты үшін жазылған, хронологиялық және концептуалдық негізде бір жиынтыққа біріктірілген бірнеше музыкалық шығарма.*

**АУДИОАППАРАТУРА** зат. *Дыбысты немесе әуенді жазу, өңдеу және тыңдау үшін арналған техника.*

**АУДИОБИЗНЕС** зат. *Аудио жазуларды жасау және таратумен айналысатын жеке кәсіпкерлік.*

**АУДИОВИЗУАЛДЫҚ** [лат. audire – есту, visalis – көру] сын. тех. *Дыбыс және бейне түрінде берілетін; бір мезгілде көру мен естуге негізделген.*

**Аудиовизуалдық құрылғы**. тех. *Фильм т.б. көрнекіліктерді көрсетуге пайдаланылатын құрал.*

**АУДИОДИСК** зат. *Дыбысты жазу үшін арналған компакт-диск.*

**АУДИОКАССЕТА** [лат. audire – есту, франц. cassette – жәшікше] зат. тех. ***Аудиотаспа***.

**АУДИОЛОГИЯ** [лат. audire – есту, грек. logos– ілім] зат. мед. *Есту қабілетінің бұзылуында, диагностика жасау, аурудың алдын алумен айналысатын медицинаның бір бөлімі.*

**АУДИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Аудиологияға қатысты, сонымен байланысты.*

**АУДИОМӘЛІМДЕМЕ** зат. тех. *Аудиотаспада жазылған хабар, мәлімдеме.*

**АУДИОМӘТІН** зат. *Магнит пленкасына, компак-дискіге жазылған мәтін.*

**АУДИОМЕТР** зат. мед. *Есту қабілетін анықтайтын аспап.*

**АУДИОМЕТРИЯ** зат. мед. *Адамның қабылдай алатын ең төменгі дыбыс күшін анықтау арқылы оның есту қабілетін өлшеу.*

**АУДИОТАСПА** зат. тех. *Магнитофон, плейерге арналған таспа; кассета.*

**АУДИОТЕХНИКА** зат. *Дыбысты жазу және қайта шығару үшін қолданылатын техникалық құралдар жиынтығы.*

**АУДИТ** [ағыл. audit] зат. қаржы. *Кәсіпорын, мекеме т .б. ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметіне аудиторлар жүргізетін тәуелсіз сараптама, тексеру.*

**АУДИТОР** [лат. auditor] зат. қаржы. *Акционерлік бірлестіктердің, фирмалар мен кәсіпорындардың қаражатын, шаруашылық іс-әрекетін басшыларымен шарт негізінде келісе отырып тексеретін жеке немесе заңды тұлға.*

**Аудиторлар палатасы**. қаржы. *Коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.* **Аудитор лицензиясы**. қаржы. *Мемлекеттік органдардың аудиторлық қызметтіжүзеге асыруға берген арнаулы рұқсаты.* **Аудитор сертификаты**. қаржы. *Уәкілетті орган жеке тұлғаға аудиторлық қызметпен айналысуға құқық беретін сертификат; аудитор лицензиясын алуға арналған куәлік.*

**АУДИТОРИЯ** [лат. auditorium] зат. **1**. пед. ***Дәрісхана***. **2**. ауыс. *Лекция, баяндама тыңдаушылар.* **3**. ауыс. *Телерадиохабарлардың тыңдармандары мен көрермендері.*

**АУДИТОРЛЫҚ** сын. қаржы. *Аудиторға қатысты, аудиторға тән.*

**Аудиторлық қорытынды**. қаржы. *Аудиторлық тапсырыскерге беретін бухгалтерлік, салық және өзге есептің заң актілері талабына сәйкес келетіндігі туралы деректер, ақпараттар келтірілген ресми құжат.* **Аудиторлық қызмет**. қаржы. *Аудиторлармен аудиторлық ұйымдардың аудит жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.* **Аудиторлық тәуекелдік**. қаржы. *Аудит аяқталып, оң аудиторлық қорытынды берілген немесе берілгеннен кейін қаржы есептемесінде елеулі кемістіктер табылған жағдайда аудитор өзіне алуға әзір тәуекелдіктің субъективті түрде белгіленген деңгейі.* **Аудиторлық ұйым**. қаржы. *Ашық сипаттағы акционерлік қоғам мен мемлекеттік кәсіпорынды қоспағанда, заңдарда көзделген кезкелген ұйымдық-құқықтық нысандағы аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға.* **Аудиторлық фирма**. қаржы. *Кәсіпорындармен шарт негізінде жылдық бухгалтерлік есептерді тексеріп және куаттайтын шаруашылық есептегі тәуелсіз ұйым.*

**АУДЫР**= ет. *Жаңылдыру, есін шығару.*

**АУЖА** зат. діни. *Жеті тамұқтың бірі, ораза ұстамаған, намаз оқымағандардың орны.*

**АУЖАЙ** зат. **1.** *Жай-күй, жағдай.* **2**. *Ыңғай, беталыс.* **3.** *Күш, шама.*

**Аужай танытты**. сөйл. *Ыңғай білдірді.* **Аужайын аңғарды [байқады].** сөйл. *Жағдайын, жай-күйін, сырын білді.* **Аужайын бақты**. *Ойын, ниетін білгісі келді.* **Аужайын таныды**. *Ыңғайын, бет алысын, жай-жапсарын білді.* **Аужайын түйді**. *Ойын, ниетін білді.*

**АУЖАЙЛА**= ет. *Байқау, абайлау.*

**АУЖАЙЛАС**= ет. *Шүйіркелесу, сырласу, жақын болып кетісу.*

**АУЖАЛ** зат. **1**. *Қорек, нәр, азық, талшық.* **2**. ауыс. *Болмашы қанағат; ермек.* **3**. ауыс. *Қуат, күш, демеу.*

**Аужал етті**. *Қанағат, ермек етті.* **Аужал қылды**. а) *Қорек етті.* ә) *Қанағат етті.* **Аужалын түйді**. *Бағыт-бағдарын байқады.*

**АУЖАР**[1] зат. этн. *Ұзатылатын қыздың тойында екі жақ болып кезектесіп айтылатын өлең, жыр; жар-жар.*

**Аужар айтты [айтысты].** этн. а) *Өлең, жар-жар.* ә) *Қолдау, қостау жасады, сөзін сөйледі.*

**АУЖАР**[2] сын. сөйл. *Ожар (қызба, оғаш).*

**АУЖАРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Ожарлық***.

**АУ-ЖЫЛЫМ** зат. кәс. көне. *Балық сүзетін тор; ау.*

**Ау-жылым жайды**. *Ау құрды, салды.*

**АУЗЫ-АУЗЫНА: аузы-аузына жұқпады [тимеді].** *Жып-жып етті, жыпылдап тез сөйледі.*

**АУЗЫ-БАСЫ** зат. *Аузы да, басы да, түгел бет-әлпеті, бас құрылысы, барша болмысы.*

**АУЗЫ-МҰРНЫ** зат. *Аузы мен мұрны, бет әлпеті.*

**Аузы-мұрны қан болды**. *Соққыға жығылды, таяқ жеді.* **Аузы-мұрны қисаймады**. *Ұялмады, шімірікпеді.* **Аузы-мұрнынан шығып отыр**. *Айы-күніне жетіп, босанғалы отыр.* **Аузы-мұрнынан шыққанша**. *Тойғанша, барынша, көп етіп.* **Аузы-мұрнынан шықты**. *Лық толды.* **Аузы-мұрнын [аузын] қан етті [қылды].** а) *Ауыздан қан ағызды, бетін даладай қылды.* ә) *Жамандық жасады, опасыздық істеді.* **Аузы-мұрнын тас қылды**. *Дыбысын шығартпайтындай етіп бекітіп тастады.*

**АУКОМ** зат. тар. совет. *Аудандық комитет; сонда істейтін адамдар.*

**АУКОМОЛ** зат. тар. совет. *Аудандық комсомол комитеті.*

**АУКСАНОГРАФ** зат. тех. *Өсімдіктің өсуін өте жоғары дәлдікпен өлшеп, арнайы қағазға тіркейтін құрал.*

**АУКСИНДЕР** [грек. auxano] зат. биол. *Өсімдік клеткаларында түзілетін, физиологиялық маңызы зор, өсу қоректеріне демеу болатын өсімдік гармондары, индол туындылары.*

**АУКЦИОН** [лат. auctio (auctionis)] зат. экон. *Көпшілік алдында тауар мен мүлік түрлері артық төлем ұсынушыға сатылатын бәсекелес, жария түріндегі сату тәртібі; сату өткізілетін орын.*

**Аукцион ережелері**. экон. *Аукционға тауарлар жеткізу, тауарларды аукцион арқылы сату, өзара шарттарды әзірлеу және сатып алынған тауарларды алу ережелері.*

**АУКЦИОНДЫҚ** сын. *Аукционға қатысты, аукционға тән.*

**Аукциондық сауда-саттық**. экон. *Ассистенттерімен бірге аукционшы жүргізетін тауарларды аукционнан сату үдерісі.* **Аукциондық тауарлар**. экон. *Аукциондар арқылы сатылатын, өзгеше дара сипатты сапалары бар тауарлар.*

**АУКЦИОНШЫ** зат. *Аукционмен шұғылданушы.*

**АУҚАЛАҚТАТ**= ет. *Ауқаулаттыру.*

**АУҚАТ** зат. **1**. *Шаруашылық, тұрмыстық жағдай; дәулет.* **2**. жерг. *Тамақ, ас.* **3**. жерг. *Жұмыс, іс.*

**Ауқат алды**. *Тамақтанды, тамақ ішті.* **Ауқат жасады**. *Тамақ істеді.* **Ауқат қылды [етті]**. *Тіршілік етті, күнкөріс жасады; тамақ етті.*

**АУҚАТ-САУҚАТ** зат. сөйл. *Тамақ, ас.*

**АУҚАТСЫЗ** сын. **1**. *Кедей, тұрмыс жағдайы нашар.* **2**. *Тамақсыз, ассыз.*

**АУҚАТТАН**= ет. **1**. *Баю, әлдену, шаруашылығын түзеу.* **2**. *Тамақтану, ас ішу.*

**АУҚАТТАНДЫР**= ет. **1**. *Әлдендіру, күйлендіру.* **2**. *Тамақтандыру.*

**АУҚАТТАНДЫРУ** *Ауқаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚАТТАНУ** *Ауқаттан етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚАТТАНЫС**= ет. *Бірге тамақ ішу.*

**АУҚАТТЫ** сын. *Әлді, қуатты, дәулетті.*

**Ауқатты адам**. *Тұрмысы күйлі, шаруасы бай кісі.* **Ауқатты кісі**. *Шаруашылығы күшті, әлді, бай адам.* **Ауқатты тұрады**. *Күйлі, дәулетті өмір сүреді.*

**АУҚАТТЫЛЫҚ** зат. *Әлділік, дәулеттілік.*

**АУҚАУ-АУҚАУ** од. *Сиыр малын шақыру үшін айтылатын ишарат сөз.*

**АУҚАУЛА**= ет. *«Ауқау», «ауқау» деу, сиырды шақыру.*

**АУҚЫМ**[1] зат. **1**. *Ыңғай, ырық, ықпал.* **2**. *Жағдай, аужай.* **3**. *Көлем, ая, шеңбер.* **4**. жерг. *Көпшілігі, дені. // Төңірек, айнала, аумақ. // Деңгей.*

**Ауқым етті [қылды].** *Келісті, бірікті, ынтымақтасты.* **Ауқымын байқады**. *Шамасын, көлемін, деңгейін аңғарды.* **Ауқымын танытты**. *Ыңғай білдірді.*

**АУҚЫМ**[2] зат. жерг. *Ұйым, одақ.*

**АУҚЫМ-АУҚЫМ** үст. *Топ-топ, шоғыр-шоғыр.*

**АУҚЫМДА=** ет. *Аясын кеңейту, шеңберін ұлғайту; көлемді ету.*

**АУҚЫМДАЙ** сын. *Ауқым мөлшеріндей.*

**АУҚЫМДАН=** ет. *Аясы кеңейтілу, шеңбері ұлғайтылу.*

**АУҚЫМДАНУ** *Ауқымдан етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚЫМДАС=** ет. *Келісу, бірлесу, ынтымақтасу.*

**АУҚЫМДАСТЫР=** ет. *Бірлестіру, ұйымдастыру, ынтымақтастыру.*

**АУҚЫМДАСТЫРУ** *Ауқымдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚЫМДАСУ** *Ауқымдас етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚЫМДАТ=** ет. *Аясын кеңейттіру, көлемді еттіру, шеңберін ұлғайттыру.*

**АУҚЫМДАТУ** *Ауқымдат етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚЫМДАУ** *Ауқымда етістігінің қимыл атауы.*

**АУҚЫМДЫ** сын. 1. *Көлемді, үлкен.* 2. *Кең, аумақты.*

**АУҚЫМДЫЛЫҚ** зат. 1. *Кеңдік, көлемділік.* 2. *Ауқымды болушылық, аумақтылық.*

**АУҚЫМЕТ** зат. сөйл. ***Ауқым.***

**АУЛА** [ир. حولی] зат. 1. *Үй айналасындағы, құрылыс, мекеме төңірегіндегі қоршалған жер, ашық алаң.* 2. сөйл. *Айналдыра қамыспен не дуалмен қоршалған қора.*

**АУЛА=** ет. 1. *Аң, құс, балық т.б. жанжануарларды айламен ұстап, қолға түсіру.* 2. ауыс. *Бір нәрсені аңду, тору.* 3. ауыс. *Аңдау, аңғару, болжау.*

**АУЛАҒЫШ** сын. *Аулау ісімен әуестенгіш.*

**АУЛАҒЫШТЫҚ** зат. *Аулау ісімен әуестенушілік.*

**АУЛАҚ** сын. 1. *Алыс, жырақ, қашық.* 2. эмоц. *Алыс жүр, кет әрі, жақындама, жолама!* 3. ауыс. *Оңаша, дербес, жеке, көзден таса, қалтарыс.* 4. ауыс. *Тысқары, жақындығы жоқ, мүлдем басқа.*

**Аулақ әкет**! сөйл. *Жақындатпа, көзін жоғалт.* **Аулақ болды**. *Алыс жүрді, жоламады, жақындамады.* **Аулақ жүр!** сөйл. а) *Көзіңді жоғалт, кет әрі.* ә) *Жолама, жақындама!* **Аулақ жүрді.** *Жоламады, маңайламады.* **Аулақ кет!** сөйл. *Көзіңді жоғалт, алыс жүр, жақындама!* **Аулаққа шықты.** *Алысқа барды, ұзады.*

**АУЛАҚТА** үст. 1. *Алыс жақта, қашықта.* 2. *Оңашада, жеке.*

**АУЛАҚТА=** ет. 1. *Қашық кету, жырақтау, алыстау.* 2. *Жекелену, оңашалану, маңына жуымау.*

**АУЛАҚТАН=** ет. 1. *Жырақтану, қашықтану.* 2. *Жекелену, оңашалану.*

**АУЛАҚТАНДЫР=** ет. *Жырақтандыру, қашықтандыру.*

**АУЛАҚТАНДЫРУ** *Аулақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАҚТАНУ** *Аулақтан етістігінің қимыл атауы.* 1. *Жырақтану, қашықтану, алыстау.* 2. *Жекелену, оңашалану, көзден тасалану.*

**АУЛАҚТАТ=** ет. *Алыстату, жырақтату, қашықтату.*

**АУЛАҚТАТУ** *Аулақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАҚТАТЫЛ=** ет. *Алыстатылу, қашықтатылу, жырақтатылу.*

**АУЛАҚТАТЫЛУ** *Аулақтатыл етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАҚТАУ**[1] сын. 1. *Қашығырақ, жырақтау, алысырақ.* 2. *Оңашалау, бөлектеу.*

**АУЛАҚТАУ**[2] *Аулақта етістігінің қимыл атауы; қашық кету, жырақтау, алыстау.*

**АУЛАҚТАУШЫ** сын. *Алыстатушы; аулақтататын.*

**АУЛАЛАС** сын. *Ауласы ортақ, ауласы бір.*

**АУЛАЛАСТЫҚ** зат. *Аулалас болушылық.*

**АУЛАЛЫҚ** сын. 1. *Аулаға тән, аулаға қатысты.* 2. *Аула боларлық, соған жарарлық.*

**Аулалық клуб**. *Қорада, аулада мәдени ағарту, спорт т.б. салалар бойынша өткізілетін шараларды ұйымдастырушы қоғамдық орын.*

**АУЛАН=** ет. *Аңның, құстың, балықтың ұсталынуы, қолға түсірілуі.*

**АУЛАНУ** *Аулан етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАС=** ет. *Аң мен құсты, балықты бірлесе ұстау.*

**АУЛАСУ** *Аулас етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАСЫЗ** сын. *Ауласы жоқ.*

**АУЛАТ** [ар. علة] зат. еск. кіт. ***Зұлмат.***

**АУЛАТ=** ет. 1. *Аң мен құсты, балықты ұстауға мүмкіндік беру, мәжбүр ету.* 2. *Бір нәрсені аңду, тору.*

**АУЛАТУ** *Аулат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЛАУ** *Аула етістігінің қимыл атауы. Аң, құс, балық т.б. жан-жануарларды ұстау, қолға түсіру.*

**АУЛАУШЫ** зат. *Балық ұстау, аң-құс аулау ісімен шұғылданатын адам.*

**АУЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсені аулаумен айналысушылық.*

**АУЛАШЫ** зат. *Ауланы күтіп, тазартып отыратын жұмысшы.*

**АУМА** зат. *Бір жақтан ауып келген, қоныс аударушы, келімсек.*

**АУМА=** ет. 1. *Ауытқымау, өзгермеу, бұлжымау.* 2. *Қозғалмау, жылжымау, орнын өзгертпеу.* 3. ауыс. *Айнымау, сертін бұзбау, айтқанынан қайтпау.* 4. ауыс. *Айнымай ұқсау, айнымай тарту.*

**АУМАҒАН** сын. 1. *Нағыз, тура, дәл.* 2. *Айнымай ұқсаған, тартқан, аумай қалған.*

**АУМАДАЙ** сын. *Бір жақтан ауып келген келімсектей, аума сияқты.*

**АУМАЙ** үст. *Дәл, тура.*

**Аумай тартты**. *Бойы да, бет пішіні де, мінезі де біреуге сай (тура, дәл) келді, ұқсады.*

**АУМАЙ-ТАЛМАЙ** үст. *Өзгермей, өз қалпынан айнымай.*

**АУМАЙ-ТӨКПЕЙ** үст. жерг. *Бәрі, түгел, өзгерместен, ешбір шығынға ұшырамай, дін аман, түп-түгел.*

**АУМАҚ**[1] зат. 1. *Атырап, аймақ, алқап.* 2. геогр. <лат. territorium> *Шегарасы белгіленген ішкі және жағалаудағы сулар мен аспан кеңістігін қосаалғандағы жер ауданы.*

**Аумақтың ылғалданғырылуы.** сушар. *Белгілі бір өңірге жауатын жауын-шашынның мөлшері мен булануы арасындағы арақатынас.*

**АУМАҚ**[2] зат. *Мөлшер, көлем, ауқым.*

**АУМАҚАЙ** сын. жерг. *Қиыншылыққа қарсы тұра алмайтын ынжық, жігерсіз.*

**АУМАҚСЫЗ** сын. *Аумақты емес, көлемі шағын, көлемсіз.*

**АУМАҚТА=** ет. 1. *Мөлшерлеу, шамалау, барлау, шолу.* 2. *Кеңейту, көбейту.*

**АУМАҚТАЙ** сын. *Аумақ секілді, аумағына тең.*

**АУМАҚТАН=** ет. *Көлемі ұлкею, зораю, өсу, қомақтану.*

**АУМАҚТАНДЫР=** ет. *Көлемін кеңейттіру, ұлғайттыру.*

**АУМАҚТАНДЫРУ** *Аумақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУМАҚТАНУ** *Аумақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АУМАҚТАУ** *Аумақта етістігінің қимыл атауы; кеңейту, көбейту.*

**АУМАҚТЫ** сын. *Көлемді, ауқымды, қомақты.*

**АУМАҚТЫҚ** сын. *Аумаққа тән, аумаққа қатысты.*

**Аумақтық бөлік.** *Территориялық бөлініс.* **Аумақтық қорғаныс**. әск. *Ұшақтармен немесе ракеталармен үлкен географиялық кеңістікті қорғау.* **Аумақтық су**. геогр. *Белгілі мемлекет иелігіне енетін, сол мемлекет аумағына жататын теңіз (көл) айдыны.*

**АУМАҚТЫЛА=** ет. *Аумақты ету.*

**АУМАҚТЫЛЫҚ** зат. *Көлемді, қомақты болушылық.*

**АУМАЛЫ** сын. 1. *Екі жағына кезек-кезек ауып тұратын, аугыш.* 2. ауыс. *Ауыспалы, орнықсыз, құбылмалы; тұрақсыз.*

**Аумалы диаметр.** металл. *Бүкіл көлемі бойынша металды шынықтыруға мүмкіндік беретін цилиндрлі шыбықтың ең үлкен диаметрі.*

**Аумалы күй.** *Ауыспалы, өзгермелі күй.*

**АУМАЛЫЛЫҚ** зат. *Ауыспалылық, өзгермелілік, тұрақсыздық.*

**АУМАЛЫ-ТОЛҚЫМАЛЫ** сын. *Ауыспалы, бірде олай, бірде бұлай.*

**Аумалы-толқымалы мінез.** *Құбылмалы, албырт мінез.*

**АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ** сын. 1. *Тұрақсыз,бірде олай, бірде бұлай, құбылмалы.* 2. ауыс. *Аласапыран, қиын-қыстау (уақыт, мезгіл).*

**Аумалы-төкпелі дүние [өмір, күй].** *Бір қалыпта тұрмайтын, құбылмалы, ауыспалы дүние, өзгеріп тұратын өмір, жалған.* **Аумалы-төкпелі заман [кезең, уақыт]**. *Бірде олай, бірде бұлай кез, құбылмалы мезгіл, аласапыран уақыт.* **Аумалы-төкпелі мінез**. *Бір қалыпта тұрмайтын, құбылмалы мінез.*

**АУМАС=** ет. сөйл. *Алмасу, ауысу.*

**АУМАСТЫР=** ет. *Ауыстыру, алмастыру.*

**АУМАСТЫРУ** *Аумастыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУМАСУ** *Аумас етістігінің қимыл атауы.*

**АУМА-ТӨКПЕ** сын. *Құбылмалы, толқымалы.*

**Аума-төкпе заман [замана, уақыт, кез, мезгіл].** *Аласапыран уақыт, құбылмалы заман, тұрақсыз дүние.*

**АУМАУ** *Аума етістігінің қимыл атауы; айнымау, сертін бұзбау, айтқанынан қайтпау.*

**АУМЕСЕР** сын. сөйл. ***Әумесер.***

**АУМЕСЕРЛЕН=** ет. сөйл. ***Әумесерлен.***

**АУМЕСЕРЛЕНДІР=** ет. сөйл. ***Әумесерлендір.***

**АУМЕСЕРЛЕНУ** сөйл. ***Әумесерлену.***

**АУМЕСЕРЛІК** зат. сөйл. ***Әумесерлік.***

**АУМЕСЕРШЕ** үст. сөйл. ***Әумесерше.***

**АУМИЕ** сын. жерг. *Көңілдес, тамыр, әуейі.*

**АУМИН** [ар. آمين] діни. ***Әумин.***

**АУМЫС** сын. *Әуес, еліктегіш.*

**АУМЫТ** зат. жерг. *Аумақ, көлем.*

**АУНА=** ет. 1. *Бір жағына қарай аударылып түсу, келесі жамбасына ауысу (адам жайында).* 2. *Дөңбекшу, мазасыздану, ұйықтамау.* 3. *Жотасымен біресе оң жағына, біресе сол жағына бірнеше дүркін ауысу. // Олай-бұлай аударылу (жан-жануарлар жайында).* 4. *Домалау, құлау.* 5. поэт. *Жата қалып аунақшу, асыр салып ойнау, рақаттану.* 6. ауыс. *Жылжу, көшу, үдеру, ауысу.*

**Аунап тұрды**. *Сүріне құлап қалып, қайта көтерілді.*

**АУНАҚ**[1] зат. жерг. *Малды иіріп ұстайтын далаңқайдағы алаң.*

**АУНАҚ**[2] з а т. **1.** т е х. *Топырақты, жол төсемдерін тегістеп, тығыздауға арналған болат білікшелері бар мәшине.* **2.** а у ы л ш а р. *Беткі қабатты қопару және топырақты тегістеу үшін қолданылатын ауылшаруашылық құрал.*

**АУНАҚТА=** е т. с ө й л. ***Аунақшы.***

**АУНАҚТАТ=** е т. *Бір нәрсені біреуге әрлі-берлі аунатқызу, олай-бұлай домалатқызу.*

**АУНАҚТАТУ** *Аунақтат етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАҚТАУ** *Аунақта етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАҚТЫ** с ы н. *Доңғалағы бар, шығыршыққа орнатылған.*

**АУНАҚШУ** *Аунақшы етістігінің қимыл атауы; дөңбекшу, мазасызданып жата алмау.*

**АУНАҚШЫ=** е т. **1.** *Ары-бері аунау, олай-бұлай домалау.* **2.** *Дөңбекшу, мазасыздану, ұйықтай алмау.* **3.** *Арлы-берлі бұлғақтау, бұлтақтау.* **4.** а у ы с. п о э т. *Көбік шашу, толқын ату.* **5.** а у ы с. *Шайқалу, тербелу.* **6.** а у ы с. *Үдере жылжу, көшу.* **7.** а у ы с. *Бұрмалану, ауытқу.*

**АУНАҚШЫП-ДӨҢБЕКШУ** *Аунақшып-дөңбекші етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАҚШЫП-ДӨҢБЕКШІ=** е т. *Мазасыздану, тынышсыздану; ұйықтай алмау.*

**АУНАҚШЫТ=** е т. **1.** *Бір нәрсені олай-бұлай домалатқызу, әрлі-берлі аунаттыру.* **2.** *Дөңбекшіту, мазасыздандыру.*

**АУНАҚШЫТУ** *Аунақшыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бұлғақтату, селкілдету.* **2.** *Дөңбекшіту, мазасыздандыру.*

**АУНАҚШЫТЫП-ДӨҢБЕКШІТ=** е т. *Аунақшып-дөңбекшуге мәжбүр ету, мазасыздандыру.*

**АУНАП-ҚУНА=** е т. **1.** *Жатып-тұрып бой жазу.* **2.** а у ы с. *Қыдырыстап дем алу, емін-еркін тынығу.*

**Аунап-қунап жаты.** *Тынығып, дем алып жатты.* **Аунап-қунап қайтты.** *Тынығып, демалып кетті.*

**АУНАП-ҚУНАТ=** е т. *Емін-еркін тынықтыру, барын салып бой жаздыру.*

**АУНАП-ҚУНАТУ** *Аунап-қунат етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАП-ҚУНАУ** *Аунап-қуна етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАТ=** е т. **1.** *Домалату, бір жағынан екінші жағына аудару.* **2.** а у ы с. *Құлату, түсіру.* **3.** а у ы с. *Тынықтыру, дем алдырту.*

**АУНАТУ** *Аунат етістігінің қимыл атауы; бір жағынан екінші жағына аудару.*

**АУНАТЫС=** е т. *Бірлесе аударысу, домалатысу.*

**АУНАТЫСУ** *Аунатыс етістігінің қимыл атауы.*

**АУНАУ** *Ауна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Олай-бұлай аударылу, домалану.* **2.** а у ы с. *Жата қалып аунақшу, асыр салып ойнау, рақаттану.*

**АУП** о д. с ө й л. ***Әуп.***

**АУПАРТКОМ** з а т. т а р. с о в е т. **1.** *Аудандық партия комитеті (ұйым).* **2.** с ө й л. *Аудандық партия комитеті ұйымының басшысы, төрағасы.* **3.** *Аудандық партия комитеті ұйымының мекемесі.*

**АУПІРІМ** о д. с ө й л. ***Әупірім.***

**АУПІРІМДЕ=** е т. с ө й л. ***Әупірімде.***

**АУПІРІМДЕУ** *Аупірімде етістігінің қимыл атауы.*

**АУРА** [лат. aura] з а т. **1.** б и о л. *Парапсихологиялық ілімдер бойынша биологиялық ағзаларды және ағзалардың жиынтығын қоршап тұратын ерекше өріс.* **2.** м е д. *Талма, қояншық т.б. жүйке дерті қозып ұстаған кезде адамның тілі байланып, денесінің сілейіп қатып қалуы түрінде көрінетін аурудың жай-күйі.*

**АУРЕЙ** з а т. э т н. д і н и. *Мәйіттің абыройын жабу үшін пайдаланатын шүберек.*

**АУРЕЛИЯ** [лат. aurelia] з а т. б и о л. *Денесінің түсі мөлдір, шатыршасы жалпайған, диск немесе табақша тәрізді болатын ішек-қуыстылар типі сцифомедузалар тобының бір түрі.*

**АУРИКУЛОПУНКТУРА** з а т. м е д. *Құлақ қалқанының активті нүктелеріне ине шаншып емдеу.*

**АУРИКУЛЯРИЯ** [лат. auricula] з а т. б и о л. *Тікен терілі жануарлар табына жататын теңіз қияры; голотурияның дернәсілі.*

**АУРИПИГМЕНТ** [лат. aurum – алтын, pigmentum – бояу] з а т. х и м. *Сульфидтер тобына жататын минерал.*

**АУРУ** з а т. **1.** м е д. *Ағзаның тіршілік ету, өсіп-өну әрекеті мен құрылысының бұзылуы; науқас, кесел, дерт, сырқат.* **2.** *Науқас адам, дімкәс кісі, сырқат адам. // Ауруға шалдыққан, дімкәс.* **3.** а у ы с. *Жағымсыз қылық, жаман әдет.* **4.** *Бір нәрсеге құмарлық.*

**Ауру бақты.** *Ауру адамның күй-жайына қарады, бағып-қақты, күтті.* **Ауру биледі.** *Сырқаты күшейді, асқынды, дендеді.* **Ауруға [ауру үстіне] ауру жамады.** *Бұрынғы ауруына басқа ауру қосылды.* **Ауруға шалдықты [ұрынды, ұшырады, кезікті].** *Ауырып қалды, науқастанды, сырқаттанды, derттенді.* **Аурудан тұрғандай.** *Өңі жаман, жүдеу, құп-қу.* **Аурудың беті қайтты [бері қарады].** *Науқасы жеңілдеді, айыға бастады.* **Аурудың емі.** *Ауруды жазатын нәрсе, тәсіл, шипа.* **Аурудың жасырын кезеңі [мерзімі].** м е д. *Ауру қоздырғыш микробтың ағзаға енуінен бастап, аурудың алғашқы белгісі білінгенге дейінгі уақыт.* **Аурудың сөзі.** *Мәнсіз, жөнсіз, ақыл-парасатқа жатпайтын сөз.* **Ауру ерегісіп кетеді.** *Ауру асқынып, қозып кетеді.* **Ауру жабысты.** *Науқас пайда болды, сырқаттанды.* **Ауру көрді.** *Дерт санады, жаратпады, ұнатпады.* **Ауру қоздырушы [таратушы].** *Ауруға шалдықтыратын, ауруын меңдететін.* **Ауру меңдеді [күшейді, дендеді].** *Ауруы асқынды, сырқаты күшейді; дерт жеңді.* **Ауру ошағы.** м е д. *Ауру-індеттің басталған жері, таралған аймағы.* **Ауруына ем қонбады.** *Сырқатына дауа болмады.* **Ауруын қаратты.** *Ауруын маманға тексертіп анықтады, ем-дом жасатты.* **Ауруын меңдетті.** *Науқасын күшейтті, асқындырды.*

**АУРУДАЙ** с ы н. **1.** *Кесел сияқты, дерт тәрізді.* **2.** *Науқас, сырқат адам секілді.*

**АУРУ-ЖІТУ** з а т. с ө й л. ***Ауру-сырқау.***

**АУРУ-КЕСЕЛ** з а т. с ө й л. *Ауру-сырқау, әр алуан дерт.*

**АУРУҚОЗДЫРҒЫШ** с ы н. *Ауру қоздыратын асқындырғыш.*

**Ауруқоздырғыш бактериялар.** б и о л. *Адам немесе жануар ағзасын қандай да бір ауруға шалдықтыратын бактериялардың түрі.*

**АУРУҚОЗДЫРҒЫШТАР** з а т. м е д. *Ауруларды күшейтетін түрлі микроағзалар.*

**АУРУЛЫ** с ы н. **1.** *Дені сау емес, ауруы бар, кеселді, дертті.* **2.** *Науқас сырқат адамы бар.*

**Аурулы болды.** *Науқасқа шалдықты, кеселге ұшырады.*

**АУРУЛЫҚ** с ы н. *Ауруға тән (күй, жағдай). // Ауру болушылық, ауруға шалдығушылық, дімкәстік, науқастық.*

**АУРУ-САУЛЫ** с ы н. *Ауруы мен сауы аралас, ауруы да, сауы да бар.*

**АУРУ-САУЫ** з а т. *Кеселінің бар-жоқтығы, денсаулығы.*

**АУРУСЫЗ** с ы н. *Ауырмайтын, ауруы жоқ. // Ешқандай дертке шалдықпай, ауырмай-ақ.*

**АУРУ-СЫРҚАТ** з а т. *Дерт, науқас, кесел.*

**АУРУ-СЫРҚАТСЫЗ** с ы н. *Ауру-сырқаты жоқ, ауру-сырқаты болмайтын.*

**АУРУ-СЫРҚАТТЫ** с ы н. *Науқасы бар, дертті, кеселді.*

**АУРУ-СЫРҚАУ** з а т. **1.** *Науқас, кесел, дерт.* **2.** *Науқасы бар, ауруға шалдыққан, сырқат адам.*

**АУРУЛЫ-СЫРҚАУЛЫ** с ы н. с ө й л. ***Ауру-сырқаулы.***

**АУРУ-СЫРҚАУЛЫ** с ы н. *Науқасы, сырқаты бар; кеселді, дертті, дімкәс, жарымжан.*

**Ауру-сырқаулы болды.** *Науқасқа шалдықты, кеселді болды.*

**АУРУ-СЫРҚАУЛЫҚ** з а т. *Дімкәстік, derттілік.*

**АУРУ-СЫРҚАУЛЫЛЫҚ** з а т. *Ауру-сырқаулы болушылық.*

**АУРУ-СЫРҚАУСЫЗ** с ы н. *Ауруы жоқ, сырқаты жоқ, кеселсіз, дертсіз.*

**АУРУТУҒЫЗҒЫШ** с ы н. *Ауруға шалдықтыратын.*

**АУРУХАНА** з а т. *Науқас адамдар жатып емделетін мекеме.*

**Ауруханаға түсті.** *Сырқаттанып, ауруханаға жатты.*

**АУРУХАНАЛЫ** с ы н. с ө й л. *Ауруханасы бар.*

**АУРУХАНАЛЫҚ** с ы н. *Ауруханаға тән, соған қатысты.*

**АУРУХАНАСЫЗ** с ы н. *Ауруханасы жоқ.*

**АУРУХАНАІШІЛІК** с ы н. *Аурухана ішіндегі, ауруханадағы жағдайға қатысты.*

**АУРУШАҢ** с ы н. *Көп науқастанатын, жиі сырқаттанғыш, жиі ауыра беретін.*

**АУРУШАҢДЫҚ** з а т. *Аурушаң болушылық, ауыра берушілік.*

**АУРУШЫЛ** с ы н. с ө й л. ***Аурушаң.***

**АУРУ-ІНДЕТ** з а т. *Кең тарайтын жұқпалы аурулардың жиынтық атауы.*

**АУРУ-ІНДЕТСІЗ** с ы н. *Тез тарайтын жұқпалы аурусыз.*

**АУРЫҚСЫН=** е т. с ө й л. ***Ауырсыну.***

**АУРЫҚСЫНУ** *Аурықсын етістігінің қимыл атауы.*

**АУСАЛ**[1] з а т. с ө й л. ***Аусыл*** *(ашатұяқты малдарда болатын жұқпалы ауру).*

**АУСАЛ**[2] с ы н. с ө й л. *Аусар, ожар, дөкір.*

**АУСАПЫ** [ар. اوصاف] з а т. к ө н е. с и р е к. *Уағыз, насихат.*

**АУСАР**[1] з а т. к ө н е. *Аң аулайтын аспап, тор.*

**АУСАР**[2] с ы н. **1.** *Ұрда жық, дөкір, есерсоқ (адам).* **2.** *Өжет, қара күші мол.* **3.** а у ы с. *Оғаш, дөрекі, ожар. // Қара күштің иесі, алып күшті адам.*

**Аусар мінез [мінезді].** *Мінезі ожар, дөкір.*

**АУСАР**[3] с ы н. *Құмар, ынтық, құштар.*

**Аусар ой.** *Мазасыз ой, дегбірін кетірген ой.* **Аусар үміт.** *Аңсап тілеген үміт.* **Аусары ауды.** *Құмартты, аңсады, көңілі ауды.*

**АУСАРДАЙ** с ы н. *Аусар сияқты дөкір.*

**АУСАРЛА=** е т. *Аңсау, құмарту, ынтығу.*

**АУСАРЛАН**[1] = е т. *Жындану, есерлену.*

**АУСАРЛАН**[2]= е т. *Құштар болу, құмарлану, ынтық болу.*

**АУСАРЛАУ** *Аусарла етістігінің қимыл атауы.*

**АУСАРЛЫҚ** з а т. *Аусар болушылық, есерсоқтық, дөкірлік, алаңғасарлық.*

**АУСИ**= е т. *Қорбию, ебедейсіздену.*
**АУСИЮ** *Ауси етістігінің қимыл атауы.*
**АУСКУЛЬТАЦИЯ** [лат. auscultatio] з а т. м е д. в е т. *Адамның, малдың ішкі мүше-ағзаларын тыңдау арқылы зерттеп, емдеу әдісі.*
**АУСКУЛЬТАЦИЯЛЫҚ** с ы н. *Аускультацияға қатысты, соған тән.*
**АУСТЕНИТ** з а т. т е х. *Темір көміртекті балқымалардың құраушысы.*
**Аустенитке шынықтыру.** м ә ш. *Жоғарғы температураға дейін қыздырудан, содан кейін біркелкі шынықкан аустениттің құрылымын бөлме температурасында сақтауға жеткілікті жылдамдықпен суытудан тұратын термиялық өңдеу.*
**АУСЫЛ** з а т. в е т. <лат. aphtae epizooticae> **1**. в е т. *Ашатұяқты малдардың (қойдың, сиырдың) аяғы ақсап, аузынан сілекейі шұбырып ауыратын жұқпалы ауруы.* **2**. м е д. *Жедел таралатын жұқпалы ауру.*
**Аусыл келгір.** қ а р ғ. *Аузынан сілекейің шұбырып, аяғың ақсап жатып қалғыр деген мағынада сиыр малына айтылады.*
**АУТ** [ағыл. out] з а т. с п о р т. **1**. *Доптың ойын кезінде алаңнан шығып кетуі.* **2**. *Төрешінің боксшы накаут алды дегенін білдіретін командасы.*
**АУТАҢДА**= е т. ж е р г. *Теңселу, толқу, шайқалу.*
**АУТАҢДАУ** *Аутаңда етістігінің қимыл атауы.*
**АУТБРИДИНГ** [ағыл. out – тыс, breed – бөлек шығару] з а т. м а л ш а р. *Өзара жақын туыс емес екі малды шағылыстыру, келесі ұрпақтың тіршілікке бейімділігін күшейту үшін қолданылатын тұқым сұрыптау әдісі.*
**АУТЕНТТІ** [грек. authentikos] с ы н. *Түпнұсқаға негізделген, көшірме емес.*
**АУТИЗМ** [грек. autos] з а т. п с и х о л. *Адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзіменөзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл-күй.*
**АУТОАГГЛЮТИНАЦИЯ** з а т. м е д. *Өздігінен агглютинацияға ұшырау.*
**АУТОАГРЕССИВТІ** с ы н. м е д. ***Аутоагрессиялық.***
**АУТОАГРЕССИЯ** з а т. м е д. *Ағзағың өзінде пайда болатын алергеннің шабуылы.*
**АУТОАГРЕССИЯЛЫҚ** с ы н. м е д. *Аутоагрессияға тән, аутоагрессияға қатысты.*
**АУТОАЛЛЕРГЕН** з а т. м е д. *Ағзада өздігінен пайда болған аллерген.*
**АУТОАМПУТАЦИЯ** з а т. м е д. *Өзінен-өзі оталып түсіп қалу.*
**АУТОГЕНДІ** [грек. autos – өзім, genes – туатын] с ы н. м е д. *Адам ағзасында пайда болатын.*
**Аутогенді тәсіл**. п с и х о л. *Өзінің физикалық және психологиялық жағдайына өзін-өзі сендіру арқылы жақсарту тәсілі.*
**АУТОГЕМОТЕРАПИЯ** з а т. м е д. *Науқастың тамырынан алынған қанды ішкі бұлшық еттеріне қайта құю арқылы емдеу тәсілі.*
**АУТОДАФЕ** [порт. auto-de-fe] з а т. д і н и. *Ортағасырлық Португалия мен Испанияда және оның отарларында күпірлерді, шерік қатушыларды жиналған жұртқа көрсетіп өртеп өлтіру.*
**АУТОИНФЕКЦИЯ** з а т. м е д. *Инфекциялық аурулардан толық емделмегеннің салдарынан ағзада қалып қойған микробтарды өздігінен жұқтыру.*
**АУТОПСИЯ** [грек. autos – өзім, opsis – көріну] з а т. м е д. *Өлімнің себебін анықтау мақсатымен мәйітті жарып көру.*
**АУ-ТОР** з а т. к ә с. *Балық аулайтын тор мен аулардың жиынтығы.*
**АУТОСЕРОТЕРАПИЯ** з а т. м е д. *Науқастың өз қанының сарысуын бұлшықетіне енгізу арқылы емдеу тәсілі.*
**АУТОСКОПИЯ** [грек. autos – өзім, skopeo – көремін] з а т. м е д. *Көмей қуысын және төменгі дем алу жолдарын оптикалық құралдарсыз тексеру әдісі.*
**АУТОСОМА** [грек. autos – өзім, soma – дене] з а т. м е д. *Жыныстық хромосомадан басқа хромосомалардың атауы.*
**АУТОСОМАЛЫҚ** с ы н. м е д. *Аутосомаға тән, аутосомаға қатысты.*
**АУТОТОМИЯ** [грек. autos – өзім, tome – кесемін] з а т. з о о л. *Кейбір жануарлардың жауынан қорғанғанда денесінің жеке бөліктерін үзіп тастап кетуі.*
**АУТОТРАНСПЛАНТАЦИЯ** [грек. autos – өзім, transplantare – орын ауыстырып салу] з а т. м е д. *Бір ағзаның ұлпаларын қайтадан өзіне салу.*
**АУТОТРАНСФУЗИЯ** [грек. autos – өзім, лат. transfusio – қан құю] з а т. м е д. *Науқасқа өз қанын қайта құю арқылы емдеу тәсілі.*
**АУТОЭКОЛОГИЯ** [грек. autos – өзім, oikos – мекен, logos – ілім] з а т. б и о л. *Жеке жануарлардың, өсімдіктердің қоршаған орта факторларына және өмір салтына түрдің әсер ету ерекшеліктерін зерттейтін экология бөлімі.*
**АУТРАЙТ** з а т. э к о н. *Төлемдерді тараптар қатаң белгіленген мерзімде төлеуді реттейтін жай мерзімдік валюта мәмілесі.*
**АУТ-ТРЕЙД** з а т. э к о н. *Қателіктен немесе жете түсінбеушіліктен сәті түспеген, толыққанды келісілмей қалған биржалық мәміле.*
**АУТСАЙД** [ағыл. autside] з а т. с п о р т. *Футбол және хоккей командасындағы шабуылшылардың шеткі ойыншысы.*
**АУТСАЙДЕР**[1] [ағыл. outsider] з а т. с а я с и. *Монополиялық бірлестіктерге кірмейтін кәсіпорындар.*
**АУТСАЙДЕР**[2] з а т. с п о р т. *Чемпионатқа қатысқандардың ішіндегі ең соңғы орында келе жатқан топ немесе спортшы.*
**АУТСОРСИНГ** з а т. ә л е у м. *Ішкі қорды не ресурсты пайдалану.*
**АУТФАЙТИНГ** з а т. с п о р т. *Тәсілін ұстанып, алыс қашықтан, қаша жүріп ұрыс салатын боксшы.*
**АУТЭКОЛОГИЯ** [грек. autos – өзім, oikos – мекен, logos – ілім] з а т. ғ ы л. *Экология ғылымының бір саласы.*
**АУУ** *Ау етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір жаққа қарай қисаю, еңкіштеу.* **2**. *Қоныс тебу, басқа жаққа көшу.*
**АУХАЛ** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Қауқар.***
**АУХАТ** з а т. с ө й л. ***Ауқат.***
**АУХАТСЫЗ** с ы н. с ө й л. ***Ауқатсыз.***
**АУХАТТАН**= е т. с ө й л. ***Ауқаттан.***
**АУХАТТАНДЫР**= е т. ***Ауқаттандыр.***
**АУХАТТАНДЫРУ** *Аухаттандыр етістігінің қимыл атауы*
**АУХАУ** о д. э т н. *Сиырды шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*
**АУХАУЛА**= е т. э т н. *Сиырды шақырып «аухау», «аухау» деу.*
**АУХАУЛАС**= е т. э т н. *Қосыла аухау-аухау десу.*
**АУХАУЛАУ** *Аухаула етістігінің қимыл атауы.*
**АУХОУ** о д. с ө й л. ***Аухау.***
**АУХОУЛА**= е т. с ө й л. ***Аухаула.***
**АУШАДИЯР** з а т. к ө н е. ф о л ь к. *Ұзатылғалы отырған қызға үгіт, насихат түрінде айтылатын тұрмыс-салт жыры.*
**АУШЫ** з а т. **1**. *Ау құрып, балық аулауды кәсіп еткен адам; балықшы.* **2**. *Аң, құс аулаушы адам; аңшы.*
**АУШЫДАЙ** с ы н. *Аушы сияқты, аушы тәрізді.*
**АУШЫЛЫҚ** з а т. *Аушы болушылық, ау құрып, балық аулауды кәсіп етушілік.*
**АУШЫСЫЗ** с ы н. **1**. *Аушысы жоқ.* **2**. *Аушының қатысынсыз.*
**АУЫ**= е т. к ә с. *Бидай дәнінің толыспауы.*
**АУЫЗ** з а т. < лат. oris> **1**. а н а т. *Адамның, жан-жануардың тамақтанатын мүшесі.* **2**. а н а т. *Сөйлеу мүшесі, дыбыстау аппараты.* **3**. а у ы с. *Адам, кісі мағынасында.* **4**. а у ы с. е с к і к і т. *Өлең шумағы.* **5**. а у ы с. *Бір нәрсенің ашық жағы. // Бір нәрсенің үстіңгі беті, қылқа мойны.* **6**. а у ы с. *Бір нәрсенің кіріп шығатын жері, есік алды.* **7**. а у ы с. *Бір нәрсенің басталар жері. // Сай, шатқал, өзектің басталар тұсы.* **8**. а у ы с. *Жараның, ісіктің ашылған жері; үстіңгі жағы, беті.*
**Аузы аққа жарымады**. *Айран-сүтті көп іше алмады, аққа тойынбады.* **Аузы аққа тиді [жетті].** а) *Айран-сүт ішіп тойынды.* ә) *Мал төлдеп, сүт іше бастады.* **Аузы аққа тимегір**. қ а р ғ. *Айран-сүтке жарымағыр, тойынбағыр деген мағынада.* **Аузы ала**. *Ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз, берекесіз.* **Аузы алты қарыс**. *Әмірі жүріп тұрған, ызғарлы, қаһарлы.* **Аузы аңқайып қалды**. э к с п р. *Аң-таң болды, аңырды, таңырқады.* **Аузы аңқиды**. а) *Алданды, сеніп қалды.* ә) *Тамсанып сүйсінді, таңырқады.* б) *Сасып қалды, аңырып қалды.* **Аузы аппақ болды.** *Жер соғып қалды, үлесінен құр қалды, сыбағадан айырылды.* **Аузы асқа, ауы атқа тиді [жарыды].** а) *Бірдемеге енді-енді қолы жетті.* ә) *Ел қатарына қосылды.* **Аузы астан босамады**. *Тынымсыз тамақ ішті.* **Аузы аузына жұқпады**. *Тез-тез сөйледі, жып-жып етті.* **Аузы ауыр**. *Аз сөйлейтін, тез арада сөйлей қоймайтын.* **Аузы ауырлады**. *Тез арада сөйлей қоймады.* **Аузы ашық**. а) д і н и. *Ораза ұстамаған.* ә) *Сыр сақтай алмайтын, аузы жеңіл, құпияға осал.* **Аузы ашылды**. а) *Таңданды, таңырқады.* ә) *Тамақ, сусын, ішкісі келді.* **Аузы барғанша**. *Жеріне жеткізе, тілі жеткенше.* **Аузы барды**. *Батылы жетті, дәті барды.* **Аузы [ауыз] бармады**. а) *Айтуға батылы бармады, тура айта алмай жүрексінді, жүрегі дауаламады.* ә) *Қимады, айта алмады.* б) *Көзі жетпеді, дүдәмалданды.* **Аузы батыр**. *Қымсынбай батыл сөйлейтін, өткір тілді (кісі).* **Аузы берік**. а) д і н и. *Аузы ораза, ораза ұстаған.* ә) *Сыр шашпайтын, құпия сақтағыш, өсек айтпайтын.* **Аузы босаған жоқ**. *Ұзақ отырып ас ішті, дамылсыз ішіп-жеді.* **Аузы буылды.** *Үндемеді, дымы шықпады, мелшиді.* **Аузы бұлтиды**. *Ренжіп, өкпелеп қалғанын білдіріп, аузын томпайтты.* **Аузы бірікпеді**. *Мәмілеге келе алмады, келісе алмады.* **Аузы бітті**. м е д. *Жараның ашық жиектерінің өзара беттесіп, жымдасып, терімен тұтасып кетті.* **Аузы даладай қан**. *Бет-аузы быт-шыт, қызыл жоса қан.* **Аузы дуалы [дуалы ауыз].** а) *Сөзі бәтуалы, өтімді (адам).* ә) *Көріпкелі бар, айтқаны келгіш (сәуегей).* **Аузы епті**. *Сөзге, қызыл тілге бейім.* **Аузы жабық.** а) *Аузы желімделген, жапсырылған.* ә) *Артық ауыз сөз айтпайтын, сыр сақтағыш.* **Аузы жабылды.** *Үндемей қалды, үні өшті.* **Аузы жабысты**. *Әмпейлесіп ұзақ әңгімелесті.* **Аузы жаман**. *Не болса соны айта беретін былапыт сөзді, бейпіл ауыз, бейауыз.* **Аузы жарымаған.** *Түк көрмеген, түкке жарымаған.* **Аузы желдей еседі**. *Алыпқашпа сөзге құмар, тым сөзуар.* **Аузы жеңіл [жеңіл ауыз].** *Аузына сөз тұр-*

*майтын, не болса соны айтып, көп сөйлейтін.* **Аузы жеткен**. *Сөзі өтетін, тілін алдыратын.* **Аузы жұмылды**. *Сөзін тоқтатты, үндемей қалды.* **Аузы итаяқтай**. *Аузы үлкен.* **Аузы иттен де салулы.** *Олжаның, ас, тағамның үстінен шыққыш, несібелі деген мағынадағы жақтырыңқырамай айтылған сөз.* **Аузы кеппеді**. *Тамақ ішуден, ішімдіктен т.б. аузы босамады.* **Аузы кепті**. а) *Ішіп-жемнен айырылды, тамақсыз, ақсыз қалды.* ә) *Су ішкісі келді, шөлдеді.* **Аузы көкке [жусанға] ілінді [тиді]**. *Жерге шөп шығып, мал тойына бастады.* **Аузы көпірді**. а) *Аузынан көбік ақты.* ә) *Тоқтамай мақтанып сөйледі, бөсті.* **Аузы күйген үріп ішеді**. *Бұрын бір рет опық жеген, сәтсіздікке ұшыраған адам істі сақтықпен істейді.* **Аузы күйді**. *Бір істі енді қайтып істеместей болды; шекесіне тиді, безер болды.* **Аузы күншығысқа қарап қалды.** а) *Естүсін білмей қалды, есінен танды.* ә) *Мас болып қалды.* **Аузы қарап отырмайды**. а) *Тынымсыз сөйлеп, қалжыңдай береді.* ә) *Дамылсыз тамақ жей беретін (кісі).* **Аузы қарыс**. *Тойымсыз, жемқор.* **Аузы қимылдар**. *Тамақ ішер.* **Аузы қисаймай.** *Бет-аузы бүлк етпей, ұялмай, шімірікпей.* **Аузы қисық болса да**. *Жөнді-жөнсіз сөйлеген болса да, орынсыз болса да.* **Аузы қисынды**. ж е р г. *Білгіш, шешен.* **Аузы қиыспады.** *Ерні жуыспады, сөйлей алмады.* **Аузы құрғады.** *Тамағы кепті, шөлдеді.* **Аузы қышқан [қысқаш]**. ж е р г. *Тілі ащы, тілі улы.* **Аузы қышыды.** *Айтқысы, сөйлегісі келді.* **Аузы майланды [майға тиді].** *Асқа не бір олжаға кенелді.* **Аузыма қан толсын [құм құйылсын].** қ а р ғ. *Ештемені ешкімге айтқаным жоқ деп қарғану.* **Аузымды қышытпа.** *Жыныма тиме, ашуымды келтірме.* **Аузымен айды алды**. а) *Сөзбен қол жетпеске ұмтылды.* ә) *Болмайтынды болдырды.* **Аузымен арбаны ұшырады.** *Өте жүрдек, жарау ат.* **Аузымен жарылқады.** *Құр сөзбен мәз қылды.* **Аузымен құс тістеген [ілген].** а) *Қашса – құтылып, қуса – жететін, өрен жүйрік.* ә) *Ділмар, шешен, сөзге жүйрік.* б) *Айтқаны өтіп, дегені болып тұрған.* **Аузымен құс ұстап отыр**. *Елді бір өзі билеп отыр.* **Аузымен орақ орған**. *Істің бәрін тек тілімен, сөзбен тындырғыш, бөспе; тілі мен жағына сүйенген, қу жақ.* **Аузымен орақ орды.** *Тілі мен жағына сүйенді, боссөздікке салынды.* **Аузы мен тозы.** *Қатарының кемі, ең нашары, жоқ-жітігі.* **Аузына [аузынан] ақ ит кіріп, көк [қара] ит шықты**. *Аузына келгенін айтты, айтпағанды айтып жаман сөзбен балағаттады.* **Аузына алмады.** а) *Атамады, айтпады.* ә) *Ішпеді, жемеді, дәмін де татпады.* **Аузына берік**. *Сыр сақтағыш, өсек айтпайтын.* **Аузын ағартты**. *Сүтке, аққа жарытты.* **Аузына дәм алмады [салмады]**. *Нәр сызбады, ештеңе жемеді.* **Аузына ем қонбаған**. *Бетімен кеткен, жүгенсіз.* **Аузына жалтаңдады.** *Жаутаңкөзденді, қорқақтады.* **Аузына жалт-жалт қарау.** *Жанына медеу болар сөз тілеу, аузын бағу.* **Аузына ие болды**. *Абайлап сөйледі, сыр сақтады, өсек айтпады.* **Аузына келген жынын құсты.** *Аузына не келсе соны айтты, көкіді.* **Аузына келгенін айтты [сандырақтады, көкіді, соқты, оттады].** *Не болса соны сөйледі, бөсті, шатты, көкіді.* **Аузына кісен салды.** *Еш нәрсе айттырмады, аузын аштырмады, сөйлеуге тыйым салды.* **Аузына қақпақ болды.** *Тыйым салды, еркін сөйлетпеді, көңілдегісін айтқызбады.* **Аузына қақпақ қойды.** *Сөйлетпей қойды, аузын жапты.* **Аузына қарады**. *Сөзін тыңдады, айтқанын екі етпей істеді, ырқынан шықпады.* **Аузына [жанды, жұртты] қаратты**. а) *Өнерімен жұрттың көңілін тапты, елітті, таң қалдырды.* ә) *Жұртқа әмірін жүргізді, дегенін істетті, еркіне көндірді.* **Аузына қолы жетті.** *Қатарға қосылды, өзіне-өзі келді.* **Аузына Құдай салды**. *Аузы дуалы болып, айтқаны келді.* **Аузына құм [талқан] құйды**. *Сөйлеуге дәрменін келтірмеді, дымын шығартпады; үнін өшірді.* **Аузына құм құйылды**. *Жым болды, дыбысы шықпады, үндемей қалды.* **Аузын алды**. *Біреуге ауызбастырық беріп, көңіліндегісін істетті.* **Аузынан ақ ит кіріп, көк [қара] ит шықты**. *Балағаттады, аузына келгенін айтты.* **Аузынан көбік ақты.** *Аурудың салдарынан қатты қиналды.* **Аузынан [ақ] көбігін шашты.** а) *Аузынан көпіріп сілекейі атқылады.* ә) *Буырқанды, көбік атты.* б) *Көп сөйледі, зіркілдеді.* **Аузынан ақ май ағызды**. *Жарылқады, кенелтті.* **Аузынан ақ май ақты**. *Не ішем, не жеймін демеді; ішкені алдында, ішпегені артында болды.* **Аузынан [ана] сүті кеппеген.** *Өте жас.* **Аузынан ас айырмады.** *Күтті, сыйлады.* **Аузынан бірауыз сөз есіте алмады.** *Тіл қаттыра алмады, ішкі сырын біле алмады, хабарсыз жүрді.* **Аузынан бір [екі] елі тастамады.** *Үнемі айтып жүрді, әрдайым есіне алып отырды.* **Аузынан дәмі [дәмі ауыздан] кетпейді.** *Тәтті, тіл үйіреді.* **Аузынан дүр шашты**. а) б е й н. *Сөз маржанын төгілтті, ағылтты.* ә) ф о л ь к. *Жарлық етті.* **Аузынан емшек сүті [дәмі, табы, уыз дәмі] кетпеген.** а) *Тым жас, ысылмаған.* ә) *Шалағай, тәжірибесіз.* **Аузына не түссе, соны айтты**. *Қалай болса солай, бейсауат сөйледі.* **Аузынан жалын атып тұрған**. *Ешкімді беттетпейтін түсі суық, сұсты кісі туралы айтылады.* **Аузынан жалын шықты [атты].** а) *Аһылады, үһіледі, қайғыдан күйзелді, уайымдады.* ә) *Айтқанын екі қылмады, сөзі жүрді.* б) *Айбатты болып, қаһарына мінді.* **Аузынан жалыны шықты.** *Айтқанын екі қылмады, сөзі жүрді.* **Аузынан жыны көпірді.** *Едіреңдеп, ашу шақырды.* **Аузынан жырып берді.** *Бермесін берді, барын аямады.* **Аузынан [нар бурадай] көбік шашты.** *Малдың аузынан көпіріп сілекейі атқылады.* **Аузынан қағынды**. *Тілінен тапты, сөзінен ұсталды.* **Аузынан қағып алды**. *Айтқанын лезде ұғып алды, айтпақ болғанын емеуірінінен-ақ түсінді.* **Аузынан қара қан [қанын] ағызды**. а) *Ұрып-соғып, тепкілеп бет-аузын қанжоса қылды.* ә) *Аузына не келсе соны айтып, былапыттап көп сөйледі.* **Аузынан мәйегі арылмаған [шығып тұрған, аққан, шыққан].** а) *Ана сүті аузынан кетпеген жап-жас, уыздай жас.* ә) *Жардай, іркілдеген семіз.* б) *Босануға жақындаған екі қабат (әйел).* **Аузынан от бүріккен қанды балақ**. *Қаһарлы, мейірімсіз (жендет).* **Аузынан от бүрікті.** *Тықсырды, апшысын қуырды.* **Аузынан сөзін алды**. *Көсіліп сөйлеуден қалды.* **Аузынан сөзі [қойнынан бөзі] түскен**. *Жасық, бозөкпе, бынжық (адам).* **Аузынан су ақты.** а) *Сілекейі шұбырды, аңсары ауды.* ә) *Үйып тыңдады, құмартты, қызықты.* **Аузынан суын [сілекейін] ағызды.** *Ұйытып, еліктіріп әкетті, таңдандырды.* **Аузынан сілекейі ақты**. *Қызықты, құмартты, таңырқады.* **Аузынан [ауыздан] тастамады.** *Ылғи айтып жүрді, естен шығармады.* **Аузынан тәубесі [тобасы, Алласы] кетпеген**. *Құдай жолын қуған, аллаға әбден бас иген.* **Аузынан түскендей [түсіп қалғандай].** *Айнымай тартқан, ұқсас, сойып қаптап қойғандай.* **Аузынан [ауыздан] түспеді.** *Жиі айтты, атады, есінен шығармады.* **Аузынан уыз сүті кеппеген [тамған, шыққан].** *Жас, балғын, уяң.* **Аузынан [ауыздан] шыққан сөз [жарлық].** *Айтқан, айтылған сөз, берілген бұйрық.* **Аузына нәр [дәм] салмады**. *Дәм татпады, жемеді.* **Аузынан шығармады.** *Ешкімге айтпады, ешнәрсе демеді.* **Аузынан шығып кетті.** *Аңдаусызда байқамай айтып қалды.* **Аузынан шықпады.** а) *Еш нәрсе демеді, үндемеді; айтпады.* ә) *Айтылмады, сөз етпеді.* **Аузынан шылым түспейді.** *Темекіні көп шегеді.* **Аузын аппақ қылды.** *Жер соқтырып кетті, алдап-соқты.* **Аузын аңдыды**. *Біреудің аузына қарады, сөзін бақты.* **Аузын аңқайтып кеті.** *Жер соқтырып кетті, алдап кетті.* **Аузын аңқитты**. а) *Таң қалдырды, таңырқатты.* ә) *Алдап кетті.* **Аузын арандай ашты**. а) *Ашқарақтанды, қомағайланды, ашкөзденді.* ә) *Жалаңдады, жалмаңдады.* б) *Көзі тоймады, қанағат қылмады, құныкты.* **Аузына сөз салды**. *Не деу керектігін айтып, сөзбен демеп жіберді, ұмытқанын есіне түсірді.* **Аузына сөз тұрмайды**. *Естіген-білгенін айтып қояды.* **Аузына сөз түспеді**. *Жаңылысып не айтарын білмей, абдырап қалды.* **Аузына су құйылды.** *Аузы жабылды, дымы өшті, үні өшті.* **Аузына су тамызды**. *Ауырған, халі нашарлаған адамға қарайласты, қарасты.* **Аузына су толтырып алғандай**. *Үндемеді, жұмған аузын ашпады.* **Аузына су ұрттағандай**. *Сөйлемей қойғанда, үн қатпағанда айтылады.* **Аузына тас салғандай.** *Жұмған аузын ашпағанда, тіс жарып сөйлемегенде айтылады.* **Аузына тосты [тапқан-таянғанын аузына тосты].** *Барын берді, аямады.* **Аузына түкіріп қойғандай**. *Айнымай ұқсаған, аумай қалған.* **Аузына түскенін оттады**. қ а р а п. *Аузына не келсе, соны айтты; көкіді.* **Аузына түсті**. а) *Біреуге жем болды.* ә) *Ойына сап ете қалды, кенеттен есіне түсті.* **Аузына тыным жоқ.** *Көп сөйлейтін, мылжың.* **Аузын ауыртты**. *Пайдасыз бос сөз сөйледі.* **Аузына шайнап салды**. *Аузына сөз салды; дерін, айтарын айтып берді.* **Аузына шайнап түкірген**. *Тақылдап қалған, сөзден кезек бермейтін.* **Аузын аша алмады**. *Бір ауыз қарсы сөз айтуға шамасы келмеді, ештеңе айта алмады.* **Аузын ашпады [ашқан жоқ].** а) *Ешбір сұраққа жауап бере алмады, сөйлемей қойды.* ә) *Қатты ашуланғаннан, күтпеген жаңалықтың әсерінен сөйлей алмай қалды.* б) *Қарсы келмеді, алдына түспеді.* в) *Тіс жарып сөйлемеді, үндемеді, ләм-мим демеді.* **Аузын ашса, іші [көмейі, жүрегі] көрінеді**. *Айласыз, еш қулығы жоқ аңқылдақ, аққөңіл.* **Аузын ашты**. а) *Таңданды, таңырқады.* ә) *Ақырды, не істерін білмеді.* б) *Жұтпақшы, жалмамақшы болды.* в) *Даярды күтті, дәмеленді; сұранды.* **Аузын аштырмады.** *Сөз айтуға мұршасын келтірмеді, бір ауыз қарсы сөз айтқызбады, дымын шығартпады, бет бақтырмады.* **Аузын ашып, көзін жұмды.** *Таң-тамаша болды, таңғалды, таңырқады.* **Аузын ашып қалды.** *Таңданды, таңырқады, таң-тамаша қалды.* **Аузын ашырды**. с ө й л. *Аузын аштырды, таңғалдырды.* **Аузын ашырмады**. с ө й л. ***Аузын аштырмады.*** **Аузына ілікті**. *Сөз қылды, көңіл бөліп, дұрыс пікір айтты.* **Аузын бақадай ашты.** а) *Аузын үлкен қылып ашты.* ә) *Қорқып кетті, ес жия алмай қалды.* б) *Кенезесі кепті, шөлдеді.* **Аузын бақадай ашырды [аштырды].** а) *Қатты қорқытты, зәресі ұшып ес жия алмай қалды.* ә) *Сеспей қатырды.* б) *Қатты қорықты, зәресі қалмады.* **Аузын бақты.** а) *Абайлап сөйледі, байқап сөйледі.* ә) *Аузына қарады, не айтар екен деді.* **Аузын басса, көті сөйлейді**. қ а р а п. *Орынсыз сөйлей беретін, мылжың туралы айтылады.* **Аузын басты.** *Шайнады, жеді.* **Аузын батырды.** *Дәмін татты, аузына алды, ішіп-жеді.* **Аузын буған өгіз [өгіздей].** *Үндемейтін, бір ауыз сөз айтпайтын, жуас, жігерсіз.* **Аузын буды**. *Сөйлетпей қойды, үнін өшірді.* **Аузын бұзды.** а) *Аузынан бір қойып, қан жалатты.* ә) *Талқандап ашты, шешті.*

**Аузын бұрап сөйледі.** *Өтірік айтты.* **Аузында ақ тісі жоқ.** а) *Кәрі мал туралы айтылады.* ә) *Кәрілік туралы айтылады.* **Аузында Алла.** діни. *Құдайды жиі еске алатын, көп айтатын адам.* **Аузында Алласы жоқ [аузына Құдай кірмеген].** *Аллаға жалбарынбайтын, Құдайды ойламайтын.* **Аузындағысын алды.** *Бермесін алды, барынан айырды.* **Аузындағысын [аузынан] жырып берді [жіберді].** *Барын берді, бермесін берді, еш нәрсесін аямады, қамқор болды.* **Аузында дамыл жоқ.** а) *Үсті-үстіне толассыз жей беретін.* ә) *Толассыз сөйлей береді.* **Аузында зарлы желі бар.** *Көкірегінде шері, аузында зары, көңілінде мұңы бар [адам].* **Аузында [әркімнің, біреудің, кім көрінгеннің аузында] кетті.** *Барынан айырылды, басқаға жем болды.* **Аузын жапты.** а) *Сөзін доғарды, әрі қарай сөйлемеді.* ә) *Дымы шықпады, үндемеді.* б) *Сөйлетпей қойды, әрі қарай сөйлеуге ерік бермеді.* **Аузын жиде жегендей қылды.** а) *Аузын аңқитып алдап кетті.* ә) *Аузын қан жоса етті.* **Аузын жиып үлгергенше.** *Сөйлеп бітер-бітпестен, тез арада, лезде.* **Аузын жыбырлатты.** *Естілер-естілмес қып бір нәрселерді айтты, міңгірледі.* **Аузын күзетті.** *Сөз аңдыды, сөз бақты.* **Аузын қайыстай созды [керді].** *Бөлсініп, керіліп-созылып сөйледі.* **Аузын [ауызға] қақты.** а) *Сөзін сөйлетпеді, көңілдегісін айтқызбады.* ә) *Еш нәрсе ішкізбеді, жегізбеді.* **Аузын қан етті [қылды].** а) *Ауыздан қан ағызды, бетін даладай қылды.* ә) *Жамандық жасады, опасыздық істеді.* **Аузын қан жалатты.** *Аузы-басын шиедей қып таяққа жықты, қызыл жоса қан қылды.* **Аузын қу [құр] шөппен сүртті.** а) *Бардың өзін «жоқ» деп тып-типыл етті, пейілі тарылды.* ә) *Еш нәрсе жоқ, түгіміз жоқ деп азар да безер болды.* **Аузын қыздырды.** *Өршелене сөйлеуге итермеледі, тілін қышытты.* **Аузын қышытты.** *Жынына тиді, еріксіз сөйлетті.* **Аузын майлады [майландырды].** а) *Тойғызды.* ә) *Пара беріп үндетпеді, аузын алды.* **Аузын сылп еткізді.** а) *Таңырқағанда, тамсанғанда аузын қимылдатып білдіретін ишарат.* ә) *Әйел адамдардың бір нәрсені жақтырмағанда жасайтын ишараты.* **Аузын тыйды.** а) *Сөйлетпеді, аузын аштырмады.* ә) *Тамақты байқап, шақтап қана ішті.* **Аузын ұстады [ұстап қалды].** а) *Сөз айтуға үлгермеді, айта алмай қалды.* ә) *Санын соғып қалды, бармағын тістеді, қатты өкінді.* **Аузын үлкен ашты.** сөйл. *Көп нәрсе қалады, дәметті.* **Аузын үріп, аяғын сыпырған [табанын қырған].** а) *Қолда өскен (төл малы).* ә) *Бағып-қаққан бала.* **Аузын шиедей [шие жегендей] қылды.** *Аузы-басын қан жалатты.* **Аузының дауасы жоқ.** а) *Сөзінде тұрақ жоқ, парық, байлау жоқ.* ә) *Сөзінде пәтуа жоқ, бос сөзді.* **Аузының дәмі кетті.** а) *Аузына еш нәрсе татымады, асқа тәбеті нашарлады.* ә) *Орынсыз айтылған әңгіменің еш құны болмайды.* **Аузының дәмін алды.** *Сүйіп жейтін тағамын алып, тәбетін ашты.* **Аузының [аузында] дуасы бар.** а) *Дуалы ауызды, айтқаны келетін адам.* ә) *Сөзі өтімді, біреуге тілін алғызатын (кісі).* **Аузының желі бар.** *Сөзге епті, шешен, ділмәр.* **Аузының желімі күшті.** жерг. *Айтқан сөзі орынды, ақылға қонымды.* **Аузының салуы [салымы] бар.** *Бір нәрсе орала кеткіш, нәсіпті, несібелі, жоқ жерден бұйырған.* **Аузының суы құрыды.** а) *Жегісі келіп, аңсары ауды.* ә) *Қызықты, берілді, ынта қойды.* б) *Ынтық болды, аңсады, құмартты.* б) *Таңырқады, тамсанды, таңданды.* **Аузыңа [ауызға] алма.** *Айтпа, атама.* **Аузыңа берік бол [мықты бол, сақ бол].** *Ешкімге айтпа, тіс жарма, аузыңа сақ бол.* **Аузыңа қара қан толғыр! [аузыңнан қара қаның келгір].** қарғ. *Үнің өшкір, қан жалап сөйлей алмай қалғыр деген мағынада.* **Аузың аққа тимегір!** қарғыс. *Мал бітпесін деген мағынада.* **Аузыңа май [астыңа тай]!** сөйл. тілек. *Айтқаның келіп, өзің де несібелі бол деген мағынада.* **Аузыңды ауыртпа.** *Болмайтын іске бола босқа сөйлеп, әуре болма деген мағынада.* **Аузыңды тый.** а) *Ішпе, жеме.* ә) *Аузыңды бақ, сөйлеме.* **Аузың қайсы десе, мұрнын көрсетеді.** а) *Қулық-сұмдықты білмейтін, момын.* ә) *Түк білмейтін, топас, надан.* **Аузың қарылғыр.** қарғыс. *Аузың күйгір, қан жалағыр деген мағынада.* **Аузыңнан қара қаның келгір.** қарғ. *Аузың қан болғыр, қан жалағыр деген мағынада.* **Аузы ораза.** діни. *Шариғат бойынша, мұсылмандардың жылына бір ай бойы ауыз бекітуі, ораза ұстауы.* **Аузы пісті [пісіп отыр].** *Бір қате әрекетке барып, опық жеді, беті қайтып, сағы сынды.* **Аузы [иттен де] салулы [салымды].** *Олжаның, ас-тағамның қисыны келгіш, оралғыш; нәсіпшіл.* **Аузы сараң.** *Көп сөйлемейтін, сыр шашпайтын.* **Аузы сөзден босамады [босаған жоқ].** *Тынымсыз көп сөйледі.* **Аузы тәубеден кетпеді.** діни. *Жалынып, жалбарынып Құдайға сыйынды.* **Аузы темір [зәң, ақау] татыды.** *Шөлден немесе сырқаттан таңдайы кеуіп, аузының дәмі өзгерді.* **Аузы тиді.** *Тамақтануға мүмкіндік туды, тойынды.* **Аузы тобарсыды.** *Тамағы құрғады, шөлдеді.* **Аузы толған боғауыз.** *Әдепсіз сөзді, балағатты жөн-жосықсыз айта беретін.* **Аузы тұшыды.** а) *Дәмін алды.* ә) *Сағынды, құмартты.* б) *Көңілі толды, құмарын қандырды.* **Аузы түкті.** *Кәпір, мұсылман емес.* **Аузы тыным таппады [аузына тыным жоқ].** а) *Аузынан ас кетпеді, жей берді.* ә) *Көп сөйледі, мылжыңдай берді.* **Аузы уәлі.** *Айтқаны келгіш, аузы дуалы.* **Аузы шешілген қанардай аңқылдады.** *Ағынан жарылды.* **Аузы шықты.** *Іріңді жараның жарылып, өзегі шықты.* **Ауыз ашпады.** *Үндемеді, ешнәрсе айтпады, ләм-мим демеді, қарсы келмеді.* **Ауыз ашты.** діни. *Ораза кезінде кешкі уақытта, азан айтылғаннан кейін тамақ ішті (аузы ораза адам жөнінде).* **Ауыз аштырды.** діни. *Ораза ұстаған адамды құрметтеп, кешкі уақытта тамақтандырды, аузын ашты.* **Ауыз ашу.** діни. *Ораза ұстаған адамның күн батқаннан кейінгі тамақ ішуі.* **Ауыз әдебиеті.** әдеб. *Ел арасына ауызша тараған халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.* **Ауыз байлық.** *Құр сөз, бос уәде.* **Ауыз бақты.** *Біреу не айтады екен деп соған қарайлады, бұйрығын күтті.* **Ауыз бекітті.** діни. *Отыз күн оразада күндіз тамақ ішпеді, ораза ұстады.* **Ауызбен айды алады, қолымен қосаяқ соғады.** *Күпсіп мақтанады, тілімен бар жұмысты бітіріп тастайды, бірақ қолынан ештеме келмейді, шаруаға қыры жоқ, құр лепірме.* **Ауызбен айтып жеткізе алмады.** *Сөзі жетпеді, мақтауға сөз таба алмады.* **Ауызбен шаңдату.** *Елді дүрліктіру, дүрбелеңге салу.* **Ауыз бөлме.** *Үйге кіреберістегі бөлме; ауызүй.* **Ауыз біріктірді.** *Бірігіп ұйымдасты, ой-пікірлері бір жерден шықты.* **Ауызға аларлық.** *Айтарлықтай, іліп аларлық.* **Ауызға алды.** а) *Сөз етті, тілге тиек етті.* ә) *Мақтады, мадақтады.* б) *Еске түсірді, ойға алды.* **Ауызға алуға арзымады.** экспр. *Сөз қылуға тұрмады.* **Ауызға жиі алады.** *Көп айтады, есіне үнемі алып отырады.* **Ауызға келіп түсті.** *Еңбексіз тапқан дайын ас болды.* **Ауызға сөз түспеді.** *Не айтарын білмеді, бөгеліп қалды.* **Ауызға түсер.** *Шу дегенде ойға түсетін, бірден айтылатын.* **Ауызға түсті.** *Аты аталды, ойына келді, есіне түсті.* **Ауызға ұрғандай [ұрды].** а) *Күштеп сөйлетпеді, үндетпеді.* ә) *Берілмеді, мойынсұнбады.* **Ауызға үріп салғандай.** *Сүйкімді, әдемі, көркем.* **Ауызға [ел, жұрт аузына] ілікті [ілінді].** *Атағы шығып, әйгілі болды, беделі артты.* **Ауыздағы ас кетті.** *Барынан айырылды, берекесі кетті.* **Ауыздағы сөзді алды.** *Дұрыстап сөйлеуден қалды.* **Ауыздан алғысыз.** *Дәмді, тәтті, тұшымды.* **Ауыздан ауызға көшті.** *Ел аузына тарады, көпшілікке жайылды.* **Ауыздан [ауызға] қақты.** *Ауыз аштырмады, сөйлетпеді.* **Ауыздан шыққан кәләм.** *Айтылған ой, айтылған сөз.* **Ауыздан шыққан сөзді екі қылмас.** *Айтқанда тұрғыш, айтқанды орындағыш, тіл алғыш.* **Ауыздан шықпасын.** *Ешкімге айтылмасын, тіс жарып ештеме делінбесін.* **Ауыз дос.** *Нағыз дос емес, сөз жүзіндегі дос.* **Ауызды ашар-ашпастан.** *Сөз бастап үлгермей жатып.* **Ауыздың дәмін алды.** а) *Талғажау етті.* ә) *Жоқ, аңсары ауған тағамның аз мөлшерін аузына салып, дәмімен қоректенгендей болды.* **Ауыз жаласты.** *Ым-жымы бір, сырлас болды, бірін-бірі жақтады, әкей-үкей болды.* **Ауыз жаппады.** *Үздіксіз, дамылсыз, тоқтаусыз сөйледі.* **Ауыз жаритын.** *Түкке тұрғысыз, қанағаттанғысыз.* **Ауыз жарымады.** а) *Мардымсыз, тым аз болды, жетіспеді.* ә) *Жартымсыз, аз, өнімсіз, құнарсыз болды (тамақ туралы).* **Ауыз жарытпады.** *Қарық қылмады, көңілден шықпады, мандытпады.* **Ауыз жиғанша [жиып алғанша].** а) *Әңгімені енді доғара бергенде.* ә) *Лезде, тез, жылдам, дәл сол мезетте, көзді ашып-жұмғанша.* **Ауыз жиғызбады.** *Көп күлдірді, күлкіге көмді.* **Ауыз жиды.** *Айтып бітті, сөзін доғарды.* **Ауыз жимады [жиған жоқ].** *Көп сөйледі, ауыз жаппады.* **Ауыз жылытты.** *Ас ішті, тамақтанды.* **Ауыз кепті.** *Қатты шөлдеп, шөліркеді.* **Ауыз күлдіреуі.** мед. <грек. aphthai> *Адамның ерні мен мұрнының ішінен шығатын жара.* **Ауыз қалжың.** *Жеңіл-желпі әзіл.* **Ауыз қобыз.** муз. *Ауызбен үріп ойнайтын қобыз, сазсырнай.* **Ауыз қора.** *Кіре беріс қора.* **Ауыз қуысы.** а) анат. <лат. cavumoris> *Ас қорыту жүйесінің жұтқыншақпен жалғасатын тіс пен тіл орналасқан алдыңғы бөлігі.* ә) лингв. *Сөйлеу мүшелерінің орналасқан жері, тіл дыбыстарының резонаторы.* **Ауыз құрылысы.** анат. *Ауыздың бітімі, келбеті.* **Ауыз құтырық.** *Тілі қышып тұрушылық.* **Ауыз ретте.** *Алдымен, әуелі.* **Ауыз салды.** а) *Жеді, тістеді.* ә) *Жармасты, тап берді, соқтығып, килікті.* б) *Баса көктеді, иемдеді, меншіктеді.* **Ауыз салдырды.** *Ұстатты, тістетті.* **Ауыз сөз.** *Ауызша түрде айтылған сөз.* **Ауыз тигізген жоқ.** *Дәнеңе бермеді, түк қалдырмады.* **Ауыз тиді [ас ауыз тиді].** а) *Аузына сәл-пәл ас салып, дәмін татып көрді.* ә) этн. *Үйге келген адамның құр ауыз кетпеу үшін дәм тату рәсімі.* **Ауыз толтырып [толтыра] айтарлық [толарлық].** *Көңіл толарлық, мақтануға тұрарлық.* **Ауыз толтырып сөйледі.** *Маңызсынып, бұлданып айтты, мардамсыды.* **Ауыз толым.** *Ауыз толарлықтай, бір ұрттам.* **Ауыз тұшитын [тұшырлық, тұшырлықтай].** *Қанағаттанарлық, риза боларлық.* **Ауыз тұшыды.** а) *Дәмді болды, сүйсініп жеді.* ә) *Риза болды, қанағаттанды, көңілі жай тапты.* **Ауыз уылу.** мед. <грек. stomatos> *Ауыздың кілегей қабығының қабынуы.* **Ауыз үйірді.** *Дәмі, тәттілігі тіл үйірді.* **Ауыз хабар.** *Сөзбен, ауызекі түрде жеткен мәлімет, ауызша таралған сөз.* **Ауыз шаюға келмеді.** *Тым мардымсыз, ауыз жарымайтын болды, ештеңеге жетпеді.*

**АУЫЗАШАР** зат. діни. **1**. *Ораза ұстаған адамның кешкі тамақ ішер мезгілі.* **2**. *Ораза ұстау кезіндегі ауыз ашуға арналған тамақ, ас.*

**Ауызашар жасады**. діни. *Ораза тұтқан адамға (адамдарға) арнайы ауыз аштырып, сауап ас берді.*

**АУЫЗАШАРЛЫҚ** сын. діни. *Ауызашарға жарайтын, ауызашарға жететін.*

**АУЫЗБА-АУЫЗ** үст. *Бетпе-бет, көзбе-көз, бірме-бір.*

**АУЫЗБАҚҚЫШ** сын. *Сөз аңдағыш, сөз төркінін ерінің емеуірінінен танығыш, басқа біреу не айтады деп, өз ойын іркіп қалатын, сөз аңдағыш.*

**АУЫЗБАҚҚЫШТЫҚ** зат. *Аңғарымды болушылық, сөз аңдағыштық, сөз танығыштық.*

**АУЫЗБАСТЫРЫҚ** зат. *Біреудің аузын жауып, сыр шаштырмау үшін берілетін ақы.*

**АУЫЗБАСТЫРЫҚТАЙ** сын. *Ауызбастырық сияқты, ауызбастырық тәрізді.*

**АУЫЗ-БАС: ауыз-басы қан болды.** *Таяқ жеді, соққыға жығылды.* **Аузы-басын қан жалатты.** *Ұрып-соқты, соққыға жықты, аузы-мұрнын қан жалатты.*

**АУЫЗБАУ** зат. этн. *Зат салған қап, дорба, сөмке, тағы басқаның аузын байлайтын жіп, бау.*

**АУЫЗБІРЛІК** зат. *Тату-тәттілік, ынтымақтастық, ұйымшылдық.*

**АУЫЗБІРЛІКСІЗ** сын. *Ауызбірлігі жоқ, ұйымшыл емес.*

**АУЫЗБІРЛІКТІ** сын. *Ұйымшыл, ынтымақты.*

**АУЫЗБІРЛІКТІЛІК** зат. сөйл. *Ауызбірлікті болушылық, ұйымшылдық.*

**АУЫЗҒЫ** сын. *Шыға беріс жер.*

**Ауызғы бөлме**. сөйл. *Үй ішіне кіре берістегі бөлме.* **Ауызғы үй.** сөйл. ***Ауызүй.***

**АУЫЗДА: ауыздап жіберді.** жерг. *Ән салды, ән шырқады.*

**АУЫЗДАЙ**[1] сын. *Ауыз сияқты, ауыз тәрізді.*

**АУЫЗДАЙ**[2] үст. сөйл. *Ауызба-ауыз, көзбе-көз.*

**Ауыздай айтты**. *Көзбе-көз әңгімелесті, тікелей, бетпе-бет тілдесті.*

**АУЫЗДАМА** зат. кәс. *Суды ашатын қысқа арық.*

**АУЫЗДАН=** ет. **1**. *Алғаш рет емшек ему.* **2**. ауыс. *Қасқыр бөлтірігінің аңды ұстауға әдеттенуі.* **3**. ауыс. саят. *Жүйрік иттермен қыран құстарды аң аулауға баулып үйрету, машықтандыру.* **4**. ауыс. *Бір нәрсеге алғаш рет тәрбиелену, машықтану, дағдылану, әдеттену.*

**АУЫЗДАН-АУЫЗҒА** үст. *Біреуден-біреуге, ел арасына.*

**АУЫЗДАНДЫР=** ет. **1**. *Жаңа туған төлді алғаш рет енесіне салу, емшек алдыру.* **2**. саят. ауыс. *Қыран құсты машықтандыру, дағдыландыру.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Жаман нәрсеге үйрету, бейімдеу.*

**АУЫЗДАНДЫРУ** *Ауыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЗДАНДЫРУШЫ** зат. **1**. *Төлдету кезіндегі сақпашы.* **2**. ауыс. *Азық беруші, қоректендіруші.*

**АУЫЗДАНУ** *Ауыздан етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЗДЫ** сын. **1**. *Аузы бар, аузы үлкен.* **2**. ауыс. *Сөз тапқыш, сөзуар, тілді, шешен, айтқыш (адам).*

**Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеді**. а) жағымды. *Ділмәр, шешен, сөзге жүйрік, пысық адам туралы.* ә) жағымсыз. *Ешкімнің айтқанына көнбейтін, көкбет, долы адам туралы.*

**АУЫЗДЫҚ**[1] зат. **1**. этн. *Жүгеннің ат аузына салынатын екі сулық аралығына бекітілген темір бөлігі.* **2**. ауыс. *Ақылшы, жөн-жосықты танытушы.*

**Ауыздығын [карш-карш] шайнады [тістеді].** поэт. *Ауыздығымен алысты, тықыршыды, аласұрды, жұлқынды.* **Ауыздықпен алысты [арпалысты].** а) *Жараулы ат аласұрып жұлқынды, бас бермеді, бой бермеді.* ә) *Сөзге қонақ бермеді, өз айтқаны болмаса, өзгені тыңдамады, көнбеді.* **Ауыздықпен жер сүзді**. *Ауыздығымен сүзе тартты, бой бермеді.* **Ауыздықпен суғарды.** *Асығыс болғандықтан, атына ауыздығын алмай су ішкізді.* **Ауыздықпен су ішті**. *Қиын, ауыр күндерді басынан өткізді.* **Ауыздық салды**. *Тізгіндеді, тежеді, бағындырды; дегеніне көндірді.*

**АУЫЗДЫҚ**[2] зат. <лат. perlech> **1**. вет. *Малдың ерін айналасы мен езу төңірегінде пайда болған бірнеше түйіндер жарылып, бір-біріне қосылып, жаппай жараға айналатын ауру.* **2**. мед. *Адамның езуіне түскен жара, ұшық.*

**АУЫЗДЫҚСЫЗ** сын. **1**. *Ауыздық салынбаған, ауыздығы жоқ.* **2**. ауыс. *Жүгенсіз, бейбас, тыйымсыз, бетімен кеткен.*

**АУЫЗДЫҚТА=** ет. **1**. *Аттың ауыздығын салу, жүгендеу.* **2.** ауыс. *Тізгіндеу, тыю, тежеу, тәртіпке бағындыру, еркіне көндіру.*

**АУЫЗДЫҚТАЙ** сын. *Ауыздық сияқты, ауыздық тәрізді.*

**АУЫЗДЫҚТАЛ=** ет. *Тәртіпке бағындырылу, еркіне көндірілу.*

**АУЫЗДЫҚТАЛУ** *Ауыздықтал етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЗДЫҚТАТ=** ет. *Тізгіндетіп, тәртіпке бағындыру, тежеу, тыю.*

**АУЫЗДЫҚТАТУ** *Ауыздықтат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЗДЫҚТАУ** *Ауыздықта етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЗДЫҚТАУЛЫ** сын. **1**. *Аттың ауыздығы салынған.* **2**. ауыс. *Бағындырылған, еркіне көндірілген.*

**АУЫЗДЫҚТАУШЫ** зат. *Тізгіндеуші, тыйым салушы, тәртіпке бағындырушы.*

**АУЫЗДЫҚТЫ** сын. *Ауыздығы бар, ауыздық салынған.*

**АУЫЗДЫЛЫҚ** зат. *Шешендік, ділмәрлық, сөзуарлық.*

**АУЫЗЕКІ** үст. *Ауызша, ауызба-ауыз.*

**Ауызекі сөйлесті**. *Жүзбе-жүз, бетпе-бет әңгімелесті, тілдесті, ауызба-ауыз әңгімелесті.* **Ауызекі сөйлеу стилі**. лингв. ***Сөйлеу стилі.*** **Ауызекі нұсқа.** *Ауызша сөйлеу үлгісі, түрі.* **Ауызекі тіл [сөз].** лингв. *Тілдік қарым-қатынастың ауызша түрде жүзеге асатын түрі.*

**АУЫЗЖАППАС** сын. жағымсыз. *Сөзшең, сөзуар, әрнәрсені айтып, көп сөйлейтін.*

**АУЫЗЖОЛДЫ** сын. лингв. *Ауыз қуысы арқылы жасалатын.*

**Ауызжолды үнді**. лингв. *Дыбысталғанда фонациялық ауа ауыздан шығатын үнді дауыссыз дыбыс.*

**АУЫЗ-КӨМЕЙ: ауыз-көмей қуысы**. анат. *Ас қорыту жүйесінің жұтқыншақпен жалғасатын бөлігі.*

**АУЫЗҚОБЫЗ** зат. этн. муз. ***Шаңқобыз*** *(ауызбен тартылатын қобыз).*

**АУЫЗМА-АУЫЗ** үст. сөйл. ***Ауызба-ауыз.***

**АУЫЗ-МҰРЫН** зат. *Бет-аузы, бет әлпеті.*

**Аузы-мұрны қисаймай.** *Ұялмай, беті шіміріқпей, бет-аузы бүлк етпей.* **Аузы-мұрнынан ақ көбік ақты.** *Қатты қиналды, күйзелді, титықтады.* **Аузы-мұрнынан шықты.** а) *Лық толды, кемерінен шығып шүпілдеді.* ә) *Айы-күні жетті, босанатын уақыты болды.* **Аузы-мұрнын қан жалатты.** *Аузы-басын қан етті, соққыға жықты.*

**АУЫЗОМЫРТҚА** зат. зоол. <лат. atlas> *Жоғары сатыдағы омыртқалы жануарларда мойынның бас сүйекпен жалғасатын ең шеткі бірінші омыртқасы.*

**АУЫЗСЕНЕК** зат. сөйл. *Кіре беріс бөлме.*

**АУЫЗСУ** зат. *Адам ішуге, ас пісіруге жарайтын тұщы су.*

**АУЫЗСУЛЫҚ** зат. *Ауызсу боларлық, соған жарарлық.*

**АУЫЗСУСЫЗ** сын. *Ауызсуы жоқ, ауызсуы болмай.*

**АУЫЗСЫРНАЙ** зат. этн. муз. *Қазақтың үрмелі-үілдекті музыкалық аспабы.*

**АУЫЗСЫРНАЙДАЙ** сын. *Ауызсырнай сияқты, ауызсырнай тәрізді.*

**АУЫЗТАМЫР** зат. этн. *Әлі бір-бірінен қалауын алып, тамырластығын бекітпеген адамдар.*

**АУЫЗТАМЫРЛЫҚ** зат. этн. *Ауызтамыр болғандық.*

**АУЫЗТАТЫР** сын. *Айта қаларлық, мардымды.*

**АУЫЗТАТЫРЛЫҚ** сын. *Мардымды, жарытымды, ауызтұшырлық.*

**АУЫЗТҰШЫ** сын. сөйл. ***Ауыз-тұшырлық.***

**АУЫЗТҰШЫР=** ет. *Қанағаттану, риза болу, көңілі толу.*

**АУЫЗТҰШЫРЛЫҚ** сын. *Көңіл толарлық, қанағаттанарлық, риза боларлық.*

**АУЫЗТІЛ** зат. сөйл. ***Ауызекі тіл.***

**АУЫЗҮЙ** зат. *Үйдің кіре беріс бөлмесі.*

**АУЫЗША** үст. *Ауызекі, ауызба-ауыз айтылған сөз түрінде, жазбаша емес.*

**Ауызша әдеби тіл.** лингв. *Мәдениетті, білімді адамдардың әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, өзара сұхбаттасу үстінде, баяндама жасауда, дәріс оқуда, радио-телехабар кезінде қолданатын ауызша сөйлеу тілі.* **Ауызша есеп**. а) *Заттың санын, мөлшерін, көлемін анықтау мақсатымен құрылған халық шығармашылығының бір үлгісі.* ә) *Ресми қатынаста жоспар бойынша белгіленген іс-шаралардың орындалуын ауызша мәлімдеу.* **Ауызша сөз.** лингв. *Айту арқылы жеткізілген шыққан тіл, жазба сөзге қарама-қарсы тіл формасы.*

**АУЫҚ**[1] зат. *Мәрте, рет.*

**АУЫҚ**[2] сын. *Бір жағына басыңқы; ауыңқы, тең емес.*

**АУЫҚ=** ет. сөйл. *Ауысу, өзгеру.*

**АУЫҚ-АУЫҚ** үст. *Әлсін-әлсін, дүркін-дүркін, қайта-қайта.*

**АУЫЛ** зат. **1**. тар. этн. *Бір жерге қоныстанған он-он бес шаңырақтан тұратын, өзара туыстас киіз үйлі қауым.* **2**. *Тұрғындарының негізгі бөлігі ауылшаруашылығының белгілі бір саласымен айналысатын шағын елді мекен.* **3**. қоғ.-әлеум. *Шығыс халықтарында, әсіресе ертеде көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ, қырғыз, түрікмен, башқұрт, татар, Солтүстік Кавказ т.б. елдердегі қоғамның белгілі бір әлеуметтік құрамы.* **4**. ауыс. *Белгілі бір ауылда тұратын халық, ел-жұрт, белгілі бір жерде тұратын адамдар.*

**Аулы алыс [қашық].** а) *Алыс, қол жетпес.* ә) *Қатысы жоқ, жанаспайтын, беймәлім.* **Аулы аралас, қойы қоралас**. *Аралас-құралас,*

*көршілес, іргелес қоныстанып, етене жақын болып кеткен.* **Аулыңнан үрген иттің үні шықпағыр.** қарғ. а) *Үрерге итің, сығарға битің болмасын, құр алақан қал.* ә) *Қаңырап бос қал, жалғыз қал.* **Ауыл айбанасы**. этн. *Күйеудің ұрын барғанда, қалыңдықтың ата-анасына апаратын сыйы.* **Ауыл айбаты**. этн. *Күйеудің қалыңдығының ауылына келгенде беретін кәдесі.* **Ауыл ақсақалы**. этн. а) *Ауылдың үлкені, ақылшысы, сыйлы қариясы.* ә) тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамында ауыл болып отырған елді басқару ісіне араласатын ықпалды, жасы үлкен ер азамат.* **Ауыл әкімі**. қоғ.-саяси. *Ауылдық мемлекеттік атқару органдарының басшысы.* **Ауыл баққан**. *Ауыл төңірегінен шықпайтын.* **Ауыл болды**. *Бірлесті, ынтымақтасты.* **Ауылды басына көтерді**. *Бүкіл ауыл еститіндей у-шу, азан-қазан етті.* **Ауылдың алты ауызы**. этн. *Қонақ алдында ауыл адамының әуелі ән бастап беру кәдесі.* **Ауылдың әулекісі**. *Ауылдың әуейісі, тентегі.* **Ауылдың түтіні**. *Ауылдағы әрбір үй, отбасы.* **Ауыл жақтық істеді.** *Жерлестік жасады, жақынына бүйірі бұрды.* **Ауыл иесі**. *Белгілі бір ауылдың тұрғыны.* **Ауыл итінің құйрығы қайқы**. *Әркім өз жерінде батыл, мықты, еркін деген мағынада.* **Ауыл кәдесі**. этн. *Ат арылтып келген қонаққа көрсетілетін сый-сияпаттың түрі.* **Ауыл кеңес [совет]**. тар. совет. *Ауылдың әкімшілік басқарушы органы.* **Ауыл кеші.** *Ауылдың жайма шуақ, жанға жайлы, мал қораланып, күндізгі ыстық қайтқан, ел бау-бақша, үй шаруаларына жүгіре кіріскен кешкі уақыт.* **Ауыл көрімдік**. этн. *Қалыңдықты көргені үшін күйеудің қыз жеңгесіне беретін сыйы.* **Ауыл қонды**. көне. этн. *Ауыл жаңа қонысына көшіп келді.* **Ауыл салық**. көне. *Бір ауылға салынған ортақ салық.* **Ауыл совет**. тар. совет. сөйл. ***Ауылдық кеңес.*** **Ауыл ұя**. тар. совет. *Кеңестік кезеңдегі ауылдық партия ұйымы.* **Ауылынан қырық қадам [ұзап] шықты**. *Онша алыс емес, біраз жер жүрді, азғана ұзады.*

**АУЫЛАҒАСЫ** зат. этн. *Ауыл ішіндегі дауларды шешіп, төрелік айтатын елдің бас көтерер беделді адамы, ақсақалы.*

**АУЫЛ-АЙМАҚ** зат. *Бүкіл ауыл жарандары, бір өңірдегі ел-жұрт.*

**АУЫЛ-АЙМАҚТЫҚ** сын. *Ауыл-аймаққа қатысты, соған тән.*

**АУЫЛАРАЛЫҚ** сын. *Ауыл мен ауыл арасындағы.*

**АУЫЛ-АУДАН** зат. *Ауыл да, аудан да.*

**АУЫЛБАСЫ** зат. *Ауылды басқаратын адам, ықпалды азамат.*

**АУЫЛДАЙ** сын. *Ауыл тәрізді, ауыл сияқты.*

**АУЫЛДАС** сын. *Бір ауылда тұратын, жерлес.*

**Ауылдастың аузы сасық.** *Жақын жүрген адамның қадірі жоқ.*

**АУЫЛДАСТАЙ** сын. *Ауылдас сияқты, ауылдас тәрізді.*

**АУЫЛДАСТЫҚ** зат. *Бір ауылда тұрушылық, ауылдас болушылық.*

**АУЫЛДЫ** сын. *Аулы бар.*

**Ауылды жер**. *Ауыл халқы, ауыл тұрғынды-ры.*

**АУЫЛДЫҚ** сын. *Ауылды жердегі, ауылға тиісті, ауылға тән.*

**Ауылдық кеңес [совет].** тар. совет. *Кеңестік кезеңдегі ауылдағы еңбекшілер депутаттарының жергілікті үкімет орны.* **Ауылдық кеңес [совет] ағасы**. тар. совет. *Ауылдағы еңбекшілер депутаттарының жергілікті үкімет орнының басшысы.* **Ауылдық кеңес хатшысы**. тар. совет. *Кеңес өкіметі тұсындағы ауылды басқарушы ұйымның жетекшісі, кеңес хатшысы.* **Ауылдық комитет**. *Ауылды жердегі әкімшілік басқару ұйымы.* **Ауылдық қосшы ағасы**. тар. совет. *Ауылды жерлердегі бірлесіп, жер өңдейтін шаруалар ұйымының басшысы.* **Ауылдық мектеп**. тар. а) *1917 жылға дейін көшіп-қонуға лайықталып құрылған бастауыш оқу орындары.* ә) *Ауылды жердегі мектеп.* **Ауылдық старшина**. тар. *Қазан төңкерісінен бұрын рулық топтарды басқару үшін сайланып қойылған адам.*

**АУЫЛДЫҚ-СЕЛОЛЫҚ** сын. тар. совет. *Ауыл мен селоға тән; ауылды және селолы жердегі.*

**АУЫЛЖАҚТЫҚ: ауылжақтық істеді**. *Өз жерлесіне болысты, өз елінің кісісін мақтады.*

**АУЫЛ-ҚАЛА** зат. *Ауыл мен қала.*

**АУЫЛ-ҚЫСТАҚ** зат. *Ауыл мен қыстақ.*

**АУЫЛНАЙ** зат. тар. *XX ғ. басында қазақ ауылдарында басқару мәселелерін шешумен және жер бөлінісімен айналысқан жергілікті билік иесі, Қазақстандағы патшалық Ресей билігінің ең төменгі қызметіндегі адам.*

**Ауылнай басы**. көне. *Бір ауыл елдің басшысы.*

**АУЫЛНАЙЛЫҚ** зат. *Ауылнайға қатысты, ауылнайға тән.*

**АУЫЛ-ОТАН** зат. *Туып-өскен ауыл, жер.*

**АУЫЛ-СЕЛО** зат. совет. *Ауыл және село.*

**АУЫЛ-СЕЛОЛЫҚ** сын. *Ауылдық және селолық.*

**АУЫЛ-ҮЙ** зат. *Ауылдағы көрші-қолаң, жақын-жуық.*

**Ауыл-үй қонды**. а) *Жақындасты, араласты, көршілес, іргелес, қоныстас болды.* ә) *Төтелеп келді, тым жақын келді.* **Ауыл-үй отырды**. *Қатар, бірге, аралас, көршілес болды.*

**АУЫЛША** үст. *Ауыл тәрізді, ауыл адамдарына ұқсап.*

**АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ** зат. *Негізгі саласы егіншілік пен малшаруашылығы болып табылатын материалдық өндірістің маңызды түрі.*

**Ауылшаруашылығын [жаппай] коллективтендіру [ұжымдастыру].** тар. совет. *КСРО-да ұсақ, жеке қожалықтарды ұйымдастыру, біріктіру арқылы ауылшаруашылығын мемлекет мүддесіне толық бағындырып қайта құру.* **Ауылшаруашылық академиясы**. *Ауылшаруашылығына байланысты ең жоғары оқу орны.* **Ауылшаруашылық артелі**. тар. *Шаруашылықты бірлесіп жүргізу үшін ұйымдасқан шаруалар тобы.* **Ауылшаруашылық ғылымдары**. *Ауылшаруашылығын зерттейтін ғылым салалары.* **Ауылшаруашылық дақылдары**. егіншар. *Егістіктерде көп өсірілетін азық-түліктік, жемдік, техникалық мәдени өсімдіктер.* **Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері**. егіншар. *Қолдан өсірілетін өсімдіктерді зақымдайтын не мүлдем құртып жіберетін жәндіктер мен жануарлар.* **Ауылшаруашылық институты**. *Ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны.* **Ауылшаруашылық кәсіпорны.** экон. *Меншігінде немесе шаруашылықтың қарамағында жер, сондай-ақ басқа да мүлік бар және өсімдік шаруашылық, малшаруашылық өнімін өндіруші, ауылшаруашылығы өндірісіне қызмет көрсетуші заңи тұлға.* **Ауылшаруашылық кешені**. тех. *Шаруашылықты дамыту үшін қажетті техника, құрал-сайман, заттық жабдық пен технологиялардың жиынтығы.* **Ауылшаруашылық кооперативі.** *Ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің материалдық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың мүліктік үлеспұлдық жарналарын біріктіру жолымен бірлескен өндірістік немесе өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін ерікті мүшелік негізде құрылған ұйым.* **Ауылшаруашылық көрмесі**. *Көпшілікке көрсету үшін белгілі бір жерге орналастырылған ауылшаруашылық өнімдерінің жиынтығы.* **Ауылшаруашылық қалдықтары.** *Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу кезінде пайда болған қалдықтар.* **Ауылшаруашылық құрал-сайман**. тех. *Егіншілік пен малшаруашылығы өндірісі үшін қажетті құралдар мен саймандар.* **Ауылшаруашылық мәшинелері**. тех. *Ауылшаруашылығы жұмыстарына қажетті мәшинелер.* **Ауылшаруашылық өндірісі**. *Белгілі өндіріс жағдайында табиғат байлықтарын пайдаланып, ауылшарушылық өнімдерін өндіру.* **Ауылшаруашылық өнімдері**. экон. *Жалпы қоғамдық өнімдердің ауылшаруашылығында жасалатын өнімдері.* **Ауылшаруашылық техникасы**. тех. *Ауылшаруашылығында қолданатын қондырғылар, мәшинелер мен құралдардың жиынтық атауы.* **Ауылшаруашылық техникумы**. *Ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын арнаулы орта дәрежелі оқу орны.* **Ауылшаруашылық училище**. *Ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын төменгі және орта дәрежелі арнаулы оқу орны.* **Ауылшаруашылық экологиясы**. <грек. agros – дала, oikos – үй, тұрақ, logos – ілім> ғылым. *Қолданбалы экологияның бір бөлімі, агроэкология.* **Ауылшаруашылық экономикасы**. экон. *Экономика ғылымдарының ауылшаруашылығындағы өндірістік қарым-қатынастарды зерттейтін саласы.*

**АУЫЛШЫЛ** сын. *Ауылдық жерді ұнататын, ауылға бара бергіш.*

**АУЫЛШЫЛА=** ет. *Ауыл-ауылды аралау, қыдыру.*

**АУЫЛШЫЛАҒАНСЫ=** ет. *Ауыл аралап қыдырған болу.*

**АУЫЛШЫЛАТ=** ет. *Ауыл-ауылды аралату, қыдырту.*

**АУЫЛШЫЛАТУ** *Ауылшылат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЛШЫЛАУ** *Ауылшыла етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫЛШЫЛДЫҚ** зат. *Ауыл өмірін аңсаушылық.*

**АУЫМ-САУЫМ** сын. жерг. *Алаңғасар, есерсоқ.*

**АУЫНДА=** ет. кәс. *Аударылып, төңкерілу (балыққа қатысты).*

**АУЫНДАУ** *Ауында етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫҢҚЫ** сын. *Бір жағына қарай қисайған, ауған.*

**АУЫР** сын. **1**. *Салмақты, жеңіл емес.* **2**. *Қиыншылығы, азабы мол; мехнаты көп (жұмыс, еңбек, іс). // Азапты, қиын кедергісі көп (жол, сапар жайында).* **3**. ауыс. *Бейнетті, қайғылы, мұңлы (көңіл-күйі жайында). // Адам баласына келген ауыртпалық (хал, тұрмыс, өмір жайында).* **4**. ауыс. *Қайғылы, мұңды; жанға бататын (хабар, оқиға).* **5**. ауыс. *Тым үлкен, аса зор, өте қатал, төзуге болмайтын (айып, қылмыс, күнә, жаза).* **6**. ауыс. *Қауіпті, қатерлі.* **7**. ауыс. *Жанға бататын, ауыртатын. // Ақыры, қиналып, баяу, жай.* **8**. ауыс. *Көп жауапкершілік жүктейтін.* **9**. ауыс. *Қорытылуы қиын (ас).*

**Ауыр ақы**. *Ала алмай жүрген өші, ұзында кегі, қысқада өші кеткендік.* **Ауыр артиллерия**. әск. *Қарсыластың жасырын тұрған қарулы күштері мен әскери техникасын, артиллерия-*

*сын және басқа да фортификациялық құрылыстарын алыс қашықтықтан атқылап, жойып жіберуге арналған қару.* **Ауыр атлет**. спорт. *Спорттың күрес, штанг көтеру сияқты күш сынасумен шұғылданатын адам, спортшы.* **Ауыр атлетика**. спорт. *Күрес, штанг көтеру сияқты спорт түрі.* **Ауыр әскер**. көне. *Сан мың қол, көп әскер.* **Ауыр болды.** *Қиындық етті, күйзелтті, жанға батты.* **Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен**. *Қиындықтан қашқалақтап, жанын қинағысы келмей, ептеп-септеп.* **Ауыр жағдай**. *Азап тұрмыс, қиын хал-ахуал, қиыншылық кез.* **Ауыр жараланды**. *Өміріне қауіп төндіретіндей қатты жарақат алды.* **Ауыр жаралы**. *Өміріне қауіп төндіретін қатты жарақат алған.* **Ауыр жатыр**. сөйл. *Нашар, әл үстінде.* **Ауыр жұдырық**. *Күшті соққы беретін жұдырық.* **Ауыр жүк**. а) *Ауыртпалық, қайғы-қасірет, уайым.* ә) *Аса жауапты зор міндет.* **Ауыр жылжыды.** *Әрең өтті, ауыр болды, әрең арылды.* **Ауыр зиян келтіру.** құқық. *Адамның өміріне қауіпті ауыр зардап шектіру.* **Ауыр индустрия**. экон. *Мәшине, техника т.с.с. жабдық-жарақтар мен өндіріс құралдарын өндіретін өнеркәсіп.* **Ауыр кез [жыл, күн].** *Ауыртпалығы көп қиын уақыт.* **Ауыр көрді**. *Азап деп білді, қиыншылық деп түсінді.* **Ауыр күн**. этн. *Аптаның жеті күнінің бесінші күні.* **Ауыр күрсінді**. *Ішкі шерін шығара кең тыныс алды, көкірегі қарс айырылды.* **Ауыр қол**. көне. әск. *Сан мың әскер, самсаған сары қол.* **Ауыр қылмыс.** құқық. *Қылмыстық құқықта көрсетілген жеке адамға, қоғамға не мемлекетке қарсы күрделі әрекет.* **Ауыр мәшине жасау**. экон. *Энергетикалық, металлургиялық, мұнай өңдеу, тау-кен өндірісі, жүк көтеру транспорты, механикалық престер өнеркәсіптері үшін құрал-жабдық өндірумен шұғылданатын салалардың жиынтығы.* **Ауыр металдар**. хим. *Тығыздығы темірден артық болатын түсті металдар тобы.* **Ауыр мінез.** *Мінезі салмақты, сабырлы, шыдамды.* **Ауыр мінезді**. *Салмақты, байсалды, сабырлы, көнтерілі.* **Ауыр ой [сезім, қайғы].** *Мазаландырған, қапаландырған ой, уайым-қайғы, қиындық.* **Ауыр өнеркәсіп [өндіріс].** экон. *Шикізат өңдейтін ірі кәсіпорын; халық шаруашылығының аса маңызды саласы.* **Ауыр салмақ**. *Ауыртпалық, қиыншылық, жауапкершілік.* **Ауыр салмақты**. а) *Салмағы ауыр, ауыр жүк тиелетін.* ә) спорт. *Жарысқа түсетін спортшылардың салмағына қарай бір тобы (категориясы).* б) *Мінезі ауыр, сабырлы.* **Ауыр соққы**. а) *Күшті соққы.* ә) *Үлкен қиыншылық, өмірдің қиын сынағы.* **Ауыр соқты**. *Қиын тиді.* **Ауыр сөз**. *Қатты айтылған, жанға бататын, намысқа тиетін, көңілге келетін сөз.* **Ауыр су**. хим. *Таза суды электролиздеу арқылы бөліп алған судың ауыр изотоптық түрі.* **Ауыр тамақ [тағам].** *Қорытылуы қиындау, майлы, күшті тамақ.* **Ауыр тартты**. *Қимыл-қозғалысы қиындады, ауырлап қалды.* **Ауыр тиді [ауырға түсті].** а) *Көңіліне келді, жайсыз болды.* ә) *Қатты батты, әсері күшті болды.* **Ауыр тыныштық**. *Ауыр жағдайдағы тұнжыраған үнсіздік.* **Ауыр шерік**. көне. *Көп әскер, қалың қол.*

**АУЫР=** ет. **1**. *Науқастану, сырқаттану, дертке шалдығу.* **2**. *Жанына бату, ауырсыну.* **3**. ауыс. *Күйіп-жану, жаны ашу, налу, аяу.*

**АУЫРАЙ=** ет. сөйл. ***Ауырла***.

**АУЫРАЮ** *Ауырай етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРҒАНСУ** *Ауырғансы етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРҒАНСЫ=** ет. *Жанына батқансу, науқастанғансу.*

**АУЫРҒЫШ** сын. *Жиі ауыра беретін, сырқаттанғыш, науқастанғыш.*

**АУЫРҒЫШТА=** ет. *Ауыра беру, жиі сырқаттану, денсаулығы болмау.*

**АУЫРҒЫШТАТ=** ет. *Ауырта беру, мазасын алып, жанына батыру.*

**АУЫРДӘУЛЕТТІ** сын. қоғ.-саяси. *Дәулеттілердің ішінде байлығы асқан ауқатты топқа жататын (адам).*

**АУЫР-ЖЕҢІЛ** зат. *Қиындық, ауыртпалығы мен жеңілдігі, оңайлығы.*

**АУЫР-ЖЕҢІЛДІК** зат. *Ауыр я жеңіл болушылық.*

**АУЫРЛА=** ет. **1**. *Белгілі бір заттың салмағының арта түсуі.* **2**. *Жүк я дене салмағын ауырсыну.* **3**. *Ішкен асын көтере алмау, денені басу, көтертпеу.* **4**. *Екіқабат болу, аяғы ауыр болу.* **5**. ауыс. *Қиынсыну, көтере алмау, әлсіреу.* **6**. ауыс. *Артық көру, жақтырмау, ауыртпалығын көтере алмау.* **7**. ауыс. *Қиындап кету, қиындай түсу.* **8**. ауыс. *Ұлғаю, арту, көбею.* **9**. ауыс. *Ренжу, кею, көңіліне кек алу деген мағынада.* **10**. ауыс. *Жағдайы нашарлау, аурудың асқынуы.*

**АУЫРЛАН=** ет. **1**. *Салмақ қосу.* **2**. ауыс. *Қоюлану, арту, көбею.*

**АУЫРЛАНДЫР=** ет. *Күрделендіру, салмағын арттыру.*

**АУЫРЛАНДЫРУ** *Ауырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЛАНУ** *Ауырлан етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЛАТ=** ет. ауыс. **1**. *Бір заттың, нәрсенің салмағын арттыру.* **2**. *Күрделендіре түсу.* **3**. ауыс. *Қатты қиналту, ренжіту, налыту.* **4**. ауыс. *Қиындату, баяулату.*

**АУЫРЛАТУ** *Ауырлат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЛАУ**[1] сын. **1**. *Ауырырақ, салмақтырақ.* **2**. ауыс. *Қиындау, жайсыздау. // Күрделірек, біраз ойлануды қажет ететін, жеңіл-желпі емес.* **3**. ауыс. *Ауыртатын, қиналдыратын.* **4**. ауыс. *Қаттырақ, күштірек.*

**Ауырлау тиді**. *Қиындау болды, жеңіл соқпады.*

**АУЫРЛАУ**[2] *Ауырла етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЛЫҚ** зат. **1**. *Салмақтылық, салмағы көптік.* **2**. физ. *Денелердің өзара тартылысы, дененің жерге тартылу қасиеті.* **3**. ауыс. *Қиындық, жеңіл болмаушылық.* **4**. ауыс. *Тауқімет, бейнет, мехнат, азап.* **5**. ауыс. *Ұстамдылық, сабырлылық.*

**Ауырлығы тиді**. *Қиындық келтірді, ауыртпалық түсірді.* **Ауырлық бірлігі**. физ. *Біртектес шамаларды өлшеудің негізі ретінде алынған бірлік.* **Ауырлық күш**. физ. *Жер бетіндегі материалдық бөлшекке әсер ететін және Жердің тарту күші мен оның өз осінен айналуынан туатын центрден тепкіш күштердің тең әсерлі күші.* **Ауырлық түсті**. *Белгілі бір іс-әрекет, оқиға ауыр тиді, күйзелтті.* **Ауырлықты көтереді**. миф. *Халық ұғымы бойынша, мал өлімінің, ыдыстың сынуы т.б. иесіне төнген қауіп-қатерді жеңілдетеді.* **Ауырлық центрі**. физ. *Қатты дененің кеңістіктегі кез келген қалпында оның ауырлық күшіне тең әсерлі күштің түсетін нүктесі немесе дененің салмағы түсетін нүкте.*

**АУЫРМАЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Ауыртпалық***.

**АУЫРМАЛЫҚ** зат. сөйл. *Қиындық, азап; ауыртпалық.*

**АУЫРСЫН**[1]**=** ет. **1**. *Салмақтың артуын сезіну, көтеріп жүруді қиынсыну.* **2**. ауыс. *Қиындыққа төзе алмау.* **3**. ауыс. *Ауыр көру, масыл санау.* **4**. ауыс. *Реніш білдіру, көңіліне алу, жақтырмау.*

**АУЫРСЫН**[2]**=** ет. *Жанына батып ауырту, ауырғанын сезіну.*

**АУЫРСЫНДЫР=** ет. *Жанына батыру, ауырлату.*

**АУЫРСЫНДЫРУ** *Ауырсындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРСЫНУ**[1] зат. мед. *Адам мен жануарлар ағзасында ішкі және сыртқы факторлардың шамадан тыс әсер етуінен пайда болатын ауыртпашылықты білдіретін жағымсыз сезім.*

**АУЫРСЫНУ**[2] *Ауырсын*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРСЫНУ**[3] *Ауырсын етістігінің қимыл атауы; ауырғанын сезіну.*

**АУЫРТ=** ет. **1**. *Ауруға, кеселге ұшырату.* **2**. ауыс. *Біреуді ренжіту, қинау, кейіту.*

**АУЫРТАС** зат. кен. *Өндірісте, медицинада қолданылатын минерал.*

**АУЫРТАЯҚ** зат. көне. этн. *Ойын түрі.*

**АУЫРТПАҚ**[1] зат. кәс. *Ши тоқитын құрал.*

**АУЫРТПАҚ**[2] зат. жерг. *Қысылшаң, тар жер.*

**АУЫРТПАЛЫҚ** зат. *Қиыншылық, өмір тауқыметі, зардап.*

**Ауыртпалық түсті.** *Қиыншылық заман келді.*

**АУЫРТПАН** зат. жерг. *Екі көлдің арасындағы жіңішке, қысаң жер.*

**АУЫРТПАШЫЛЫҚ** зат. *Қиыншылық, азап.*

**Ауыртпашылығын көтерді.** *Қиындығын бөлісті, көмектесті.*

**АУЫРТУ** *Ауырт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ауруға ұшырату, науқасқа шалдықтыру.* **2.** ауыс. *Ренжіту, көңілін қалдыру.*

**Ауырту тәсілі**. мед. *Ауру адамды емдеу барысында қолданылатын медициналық тәсілдің бірі.*

**АУЫРУ** *Ауыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЫҚСЫН=** ет. сөйл. ***Ауырсыну***.

**АУЫРЫҚСЫНДЫР=** ет. сөйл. ***Ауырсындыр***.

**АУЫРЫҚСЫНДЫРУ** сөйл. *Ауырықсындыр етістігінің қимыл атауы*

**АУЫРЫҚСЫНУ** сөйл. *Ауырықсын етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫРЫП-СЫЗДА=** ет. *Ауыру, сыздап мазалау.*

**АУЫРЫП-СЫРҚА=** ет. *Ауруға ұшырау, ауырып қалу.*

**АУЫРЫП-СЫРҚАУ** *Ауырып-сырқа етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫС** сын. *Есі дұрыс емес, есі ауысқан, есалаң.*

**АУЫС=** ет. **1**. *Орын алмасу, бір-біріне көшу, өзгерту.* **2**. *Заттың өзара алмасуы, біреуінен басқаға өтуі.* **3**. *Бір жерден екінші жерге кету, басқа жерге бару.* **4**. *Қызмет орнын, кәсібін т.б. өзгерту.* **5**. *Өзгеру, басқа күйге көшу.* **6**. *Бір нәрседен екінші нәрсеге (мәселеге) көшу.* **7**. *Бір-бірінен жұғысу, алма-кезек болу. // Бірінен соң біріне өтіп, жалғасымын табу.* **8**. *Кезектесу, алма-кезек болу.* **9**. *Бірінің орнына бірін алу, алмасу.* **10**. ауыс. *Қайырымдылық жасау, бір нәрсе беру.* **11**. ауыс. сөйл. *Жындану, ақылынан алжасу, естен айырылу.*

**Ауысқаннан сау ма?** *Ақыл-есі дұрыс па?*

**АУЫС-КҮЙІС** үст. сөйл. **1**. *Бірде болмаса бірде.* **2**. *Аздаған, ептеген, азын-аулақ.* **3**. ауыс. *Қарым-қатысы мен алыс-берісі болған, ауыс-түйіс боп ауысқан.*

**АУЫСҚАНДЫҚ** зат. сөйл. ***Есалаңдық***.

**АУЫСПАЛЫ** сын. **1.** *Алмасып тұратын, кезекпен ауысып тұратын.* **2.** терм. *Алмасқыш, ауыстырып отырғыш.*

**Ауыспалы айналым**. экон. *Келесі жылға өтетін, алдағы жылға қалдырған қор.* **Ауыспалы валенттік.** хим. *Өзгермелі валенттік.* **Ауыспалы вымпел**. тар. совет. *Кеңес өкіметі тұсында социалистік еңбекте және т.б. жарыста озып шыққан ұжымға берілетін вымпел.* **Ауыспалы егіс [егіс жүйесі].** егіншар. *Ауылшаруашылық дақылдарының танаптар бойынша алмасып егілуінің жүйеге түскен тәртібі.* **Ауыспалы егістік.** егіншар. *Әр жылда әртүрлі дақыл себілетін егістік.* **Ауыспалы жайылым**. ауылшар. *Жазғы жайылымды алмастырып, өзгертіп пайдаланудың жүйеге түскен тәртібі.* **Ауыспалы кубок**. спорт. *Жеңімпаздарға берілетін кубок.* **Ауыспалы қау**. биол. <лат. stipa anomala> *Астық тұқымдасының қау туысына жататын көпжылдық өсімдік.* **Ауыспалы құрам**. әск. *Мемлекет қарулы күштеріндегі әскери-оқу орындарының тыңдаушылары, курсанттар мен адъюнктері, оқу бөлімдерінің, прапорщиктер мектептерінің курсанттары.* **Ауыспалы қызыл ту**. тар. совет. *Кеңестік құрылыстағы еңбекті ұйымдастырудың бір тәсілі ретінде жарыста жеңіске жеткен ұжымға, жеке адамдарға ерекше берілетін келген жүлде.* **Ауыспалы мағына**. лингв. *Сөздің қолданылу барысында пайда болатын туынды мағына, заттың тура мағынасынан туатын қосымша мағына.* **Ауыспалы осы шақ**. лингв. *Істің, құбылыстың не дағдылы түрде болып тұратындығын не ілгеріде болатындығын көрсететін етістік формасы; осы шақтың бір түрі.* **Ауыспалы сөз**. лингв. *Кірме сөз.* **Ауыспалы ток**. физ. *Күш пен бағыт жағынан мезгіл-мезгіл өзгеріп отыратын ток.* **Ауыспалы шығын**. экон. *Шамасы өндірістің көлеміне тәуелді тікелей шығын.* **Ауыспалы элементтер.** хим. *Атомдарында ішкі электрондық қабаттары d және f-электрондармен жартылай толтырылған химиялық элементтер.*

**АУЫСТАЙ** сын. сөйл. *Ақылынан ауысқан сияқты, есалаң тәрізді.*

**АУЫС-ТҮЙІР** зат. сөйл. ***Ауыс-түйіс***.

**АУЫС-ТҮЙІС** зат. **1**. *Біреу мен біреудің алыс-беріс қарым-қатынасы.* **2**. *Аздаған өзгеріс, ішінара өзгеріс.*

**АУЫСТЫР=** ет. **1.** *Алмастыру, айырбастау.* **2.** *Орнын өзгерту.* **3**. мат. *Кез келген жиын элементтерін түрлендірудің қарапайым түрі.* **4**. ауыс. *Бір қызметтен екінші қызметке өту.*

**АУЫСТЫРТ=** ет. *Ауыстырып бергізу, ауыстыруға мәжбүрлеу.*

**АУЫСТЫРТУ** *Ауыстырт етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫСТЫРУ** *Ауыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫСТЫРЫЛ=** ет. *Алмастырылу, айырбасталу.*

**АУЫСТЫРЫЛУ** *Ауыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫСТЫРЫМДЫЛЫҚ** зат. мат. *Теңбе-теңдіктерімен өрнектелетін сандарды қосудың және көбейтудің қасиеті.*

**АУЫСТЫРЫС=** ет. *Бірлесе алмастырысу, айырбастасу.*

**АУЫСУ** *Ауыс етістігінің қимыл атауы; алмасу, өзгеру.*

**Ауысу ықтималдығы**. мат. *Кванттық жүйенің бір күйден екінші күйге ауысуын сипаттайтын заңдылық.*

**АУЫСЫМ[1]** зат. **1.** *Өндіріс орындарында бірінің орнына бірі келіп, жұмыс істейтін адамдар кезегі.* **2.** *Белгілі бір уақыт бойынша кезектесіп оқу жүйесі.*

**АУЫСЫМ[2]** зат. көне. *Қарым-қатынас, қатынас; байланыс.*

**АУЫСЫМДЫҚ** сын. *Ауысымға негізделген, соған қатысты.*

**АУЫСЫП-ТҮЙІС=** ет. *Алысып-берісу, өзара жәрдем беру.*

**АУЫСЫП-ТҮЙІСТІР=** ет. *Біреу арқылы алысып-берісу.*

**АУЫСЫП-ТҮЙІСТІРУ** *Ауысып-түйістір етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫСЫП-ТҮЙІСУ** *Ауысып-түйіс етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫТ[1]** зат. кәс. малшар. *Нар түйеге жүк арту үшін ершік тәрізді етіп істелген шом ағаш, жабдық.*

**АУЫТ[2]** зат. көне. кәс. *Шығырдың су тұратын жері.*

**АУЫТ[3]** сын. сөйл. ***Ауыңқы***.

**Ауыт кетті**. *Ауытқыды, белгіленген тәртіпті бұзды.* **Ауыт қылды**. жерг. *Есін ауыстырды, шатастырды.* **Ауыт ой**. *Құрт төмен түсетін ойпаң жер.*

**АУЫТ=** ет. сөйл. *Ауытқы етістігінің ықшамдалған формасы.*

**АУЫТ-АУЫТ** үст. **1**. сөйл. ***Ауық-ауық***. **2**. көне. *Қайта-қайта, үсті-үстіне.*

**АУЫТҚУ[1]** зат. *Бағытын, қалпын өзгертушілік, айнушылық.*

**Ауытқулар ауқымы**. экон. *Нақты қол жеткен нәтиженің алдын ала жоспарланған белгілі бір мөлшерінен айырмашылығы болу мүмкіндігі.*

**АУЫТҚУ[2]** *Ауытқы етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫТҚУЛЫҚ** зат. *Ауытқып кетушілік.*

**АУЫТҚУШЫ** сын. **1**. *Ауысатын, аударылатын; жылжымалы.* **2**. ауыс. *Ұстаған жолдан таюшы (адам).*

**АУЫТҚУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Өзгермелілік, айнушылық.* **2**. ауыс. *Тура жолдан таюшылық, бір бағытта тұра алмаушылық, толқушылық.*

**АУЫТҚЫ=** ет. **1**. *Бір жағына қарай қисаю, теңселу.* **2**. *Белгілі бір бағытын, тәртібін өзгерту.* **3**. *Келе жатқан бағытын өзгерту, басқа бағытпен қозғалу.* **4**. ауыс. *Тура жолдан таю, тайсалу, айтқанынан айну.* **5**. ауыс. *Көңіл-күйдің бір қалыпты болмай тұрақсыздануы, толқуы.* **6**. ауыс. *Әлем-тапырық, астан-кестен болу.* **7**. ауыс. *Қателесу, жаңылу.* **8.** *Басқа мәселеге көшу.*

**АУЫТҚЫҒЫШ** сын. *Ауытқи беретін, толқығыш, тұрақсыз, айнымалы.*

**АУЫТҚЫМА** сын. *Ауытқи беретін, өзгермелі, ауытқымалы.*

**АУЫТҚЫМАЛЫ** сын. **1**. *Ауытқи беретін, толқымалы.* **2**. психол. <франц. deviation> *Әдеттегі мінез-құлық нұсқасынан өзгеріп отыратын, ауысқыш.*

**Ауытқымалы мінез-құлық**. психол. *Адамның қатты да терең күйзеліп, уайым шегуімен өңі өзгеріп, ұстамдылығынан айырылуымен сипатталатын, оқыс та шапшаң тегеурінмен өрбитін сезімдік ахуал.*

**АУЫТҚЫМАЛЫҚ** зат. **1**. *Ауытқушылық, өзгергіштік.* **2**. ауыс. *Толқушылық, тұрақсыздық.*

**АУЫТҚЫТ=** ет. *Айныту; жылжыту.*

**АУЫТҚЫТУ** *Ауытқыт етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫТҚЫШ** зат. тех. *Жүгі бар мәшинені қисайту арқылы үстіндегі жүгін төгетін механикалық құрал.*

**АУЫТСЫЗ** сын. кәс. *Ауыты жоқ, ауыт қолданбай.*

**АУЫТТА=** ет. кәс. *Нар түйеге ауыт салып міну, ерттеу, түйені қомдау.*

**АУЫТТАТ=** ет. кәс. *Нар түйеге ауыт салып міңгізу, түйені қомдату.*

**АУЫТТАТУ** *Ауыттат етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫТТАУ** *Ауытта етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Бір жағына қисайыңқырау, жылжыңқырау.*

**АУЫТЫҢҚЫРАУ** *Ауытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**АУЫШ** сын. сөйл. жерг. *Ақылы ауысқан, есінен адасқан.*

**АУЫШТАЙ** сын. сөйл. жерг. *Есінен ауысқан адам тәрізді.*

**АУЫШТАН=** ет. сөйл. *Ақылы ауысу, ессіздену, жындану.*

**АФАЗИЯ** [грек. a – бей, phasis – тілсіз қалу] зат. мед. *Жүйке жүйесінің кейбір бөліктерінің зақымдануынан адамның сөйлеу қабілетінен жартылай немесе толық айырылуы.*

**АФАКИЯ** [грек. a – бей, phakos – жасымық] зат. мед. *Көз бұршағының (шөжекейдің, қарақтың) жоқтығы.*

**АФАҚ** зат. діни. ескікіт. *Көкжиек, әлем, кеңістік.*

**АФАЛИНА** [лат. tursiops truncatus] зат. зоол. *Дельфин тұқымдас сүтқоректі жануар.*

**АФГАН**: [ир. ابدان] **афган салды**. ескікіт. *Дауыс шығарды, айғай салды.*

**АФГАНИ** [ағыл. afghani] зат. *100 пұлға тең Ауғанстан ақшасы.*

**АФДАЛ[1]** зат. діни. ескікіт. *Адамгершілік.*

**АФДАЛ[2]** зат. ескікіт. *Қызмет, еңбек.*

**АФДАЛ[3]** зат. ескікіт. *Абырой, бедел*

**АФЗАЛ** сын. діни. ескікіт. *Абзал, ең лайық, ең жақсы,*

**АФЕЛИЙ** [грек. apohelios] зат. астр. *Ғаламшарлардың, құйрықты жұлдыздың Күннен ең қашық орбитасы.*

**АФЕРА** [франц. affaire] зат. *Алаяқтық, сұрқиялық, алдап отырғызып кетушілік.*

**АФЕРАЛЫҚ** сын. *Афераға қатысты, соған тән.*

**АФЕРЕЗИС** зат. лингв. *Қатар тұрған сөздердің арасындағы көрші дыбыстың өзара ықпал етуі.*

**АФЕРИСТ** [франц. affairiste] зат. *Алаяқ, сұрқия, әккі.*

**АФЕРИСТІК** сын. *Афериске тән, соған қатысты.*

**АФИША** [франц. affiche] зат. өнер. *Опера, балет, спектакль, концерт, цирк, т.б. болатын күнін хабарлайтын жарнама.*

**АФИШАЛА=** ет. сөйл. *Бір істі, нәрсені көрсеткісі келіп, дәріптеу, көтермелеу.*

**АФИШАЛАТ=** ет. сөйл. *Көтермелеп көрсету, дәріптеу.*

**АФИШАЛАТУ** сөйл. *Афишалат етістігінің қимыл атауы; дәріптету, көтермелеу.*

**АФИШАЛАУ** сөйл. *Афишала етістігінің қимыл атауы.*

**АФИЯ** зат. діни. ескікіт. **1.** *Аман-саулық, ахуал, денсаулық.* **2.** ауыс. *Күш, пәрмен, шама, қайрат, қуат, құдірет.*

**АФСУН** зат. діни. ескікіт. *Дұға, сиқыр, арбау, айла.*

**АФЛАТОКСИНДЕР** зат. биол. *Аспергил зең саңырауқұлақтарында синтезделетін улы заттар.*

**АФОНИЯ** [грек. aphonia] зат. мед. *Адамның дауысы шықпай, сыбырлап қалуы.*

**АФОРИЗМ** [грек. aphorismos] зат. әдеб.

*Мазмұнды терең ойды өткір тілмен қысқа түрде айтып беретін қанатты сөз, түйінді ой.*

**АФОРИЗМДІК** сын. *Афоризмге тән, афоризмге қатысты.*

**АФОРФЭ** [франц. aforfait] зат. экон. *Импортшы ризалық білдіретін вексельдерді экспортшыдан сатып алу нысанында сыртқы экономикалық операцияларды несиелендіру.*

**АФРИКААНС** [гол. afrikaans] зат. *Оңтүстік Африка Республикасының голланд тіліне жақын мемлекеттік тілінің бірі; бур тілі.*

**АФРИКАЛЫҚ**[1] зат. эвф. *Қара нәсіл өкілін жұмсартып атау мақсатында айтылатын сөз.*

**АФРИКАЛЫҚ**[2] сын. *Африкаға тән, Африкаға қатысты.*

**АФРИКАНЕР** зат. *Голландиялық отаршылдардың Оңтүстік Африканы мекендейтін ұрпағы, жеке ұлт, бурлар.*

**АФРИКАНИСТ** зат. ғыл. *Африканистика ғылымымен шұғылданушы ғалым.*

**АФРИКАНИСТИКА** зат. ғыл. *Африка халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін зерттейтін ғылым.*

**АФРИКАНТРОП** зат. археол. *Осыдан бір миллион жыл бұрын өмір сүрген адам қаңқасының ғылыми атауы.*

**АФРОДИТАДАЙ** сын. *Ежелгі грек мифологиясындағы махаббат пен сұлулық пірі Афродита сияқты асқан сұлу тәрізді.*

**АФРОНТ** [франц. affront] зат. *Қалың елдің, жұрттың көзінше ар-намысқа тиетін ғайбат, масқара, аса қатты соғу.*

**АФСУН** зат. діни. ескікіт. ***Әпсін.***

**АФСУНДА**= ет. ескікіт. ***Әпсінде.***

**АФТАБАШЫ** зат. ескікіт. *Атағы жоқ әскербасы.*

**АФТАЛАР** зат. мед. *Ауыз ішінде пайда болатын бөртпе жаралар.*

**АФТОВИРУСТАР** зат. биол. *Пикорновирустар тұқымдасына жататын түр.*

**АФТЫ** [грек. aphthai] зат. мед. *Шырышты қабатта пайда болатын кұлбірек жара.*

**АФФЕКТ** [лат. affectus] зат. психол. *Ашуланған, долданған хал, ашу қысқанда, қатты ұрейленгенде уақытша естен адасу.*

**АФФЕКТАЦИЯ** [лат. affectatio] зат. мед. *Әлдебір сезімді, көңіл күйді тым қатты сөйлеу, шынайы емес дене қимылдарын жасау жолымен әсірелеп білдіру.*

**АФФЕКТИВ** зат. лингв. *Субъектінің белгілі бір эмоциялық жағдайын білдіру үшін қолданылатын септік.*

**АФФИДЕВИТ** [ағыл. affidavit] зат. экон. *Шетелдік жеке және заңды тұлғалардың қатарынан шыққан бағалы қағаздар ұстаушыларына берілетін ресми құжат.*

**АФФИКС** [лат. affixus] зат. лингв. *Өз алдына жеке қолданылмай, түбір сөздерге қосылып, сол сөздің мәнін, мағынасын және қызметін өзгертетін грамматикалық форма; қосымша.*

**АФФИКСАЦИЯ** [лат. affixus] зат. лингв. *Сөздерге қосымшалар жалғау арқылы жүзеге асырылатын сөзжасам тәсілі.*

**АФФИКСОИД** зат. лингв. *Аффикс қызметін атқаратын түбір морфема.*

**АФФИКСТІК** сын. *Аффикске қатысты, соған тән.*

**АФФИЛИАЦИЯ** [франц. affiliation] зат. қоғ. *Қандай да бір қауымға, топқа мүше етіп қабылдау.*

**АФФИНАЖ** [франц. affinage] зат. тех. *Металды қоспадан я өзін өзінен айыру үдерісі.*

**АФФИНАЖДА**= ет. тех. *Металды қоспадан айыру.*

**АФФИНАЖДАУ** *Аффинажда етістігінің қимыл атауы.*

**АФФИНАТТА**= ет. тех. *Өте таза асыл металдар алудың металлургиялық тәсілі, рафинаттаудың бір түрі.*

**АФФИНАТТАУ** тех. *Аффинатта етістігінің қимыл атауы.*

**АФФИНАЦИЯ** [франц. affiner] зат. тех. *Рафинад, шақпақ қантқа айналдырар алдында ұсақ қантты алдын ала өңдеу.*

**АФФИНОГРАФ** зат. матем. *Аффиндік қайта түзілу нәтижесінде берілген фигурадан алынған жалпақ фигураны сызу үшін арналған құрал.*

**АФФРИКАТ** [лат. affricata] зат. лингв. *Шұғыл және ызың дауыссыз дыбыстардың қосындысынан тұрып, біртұтас айтылатын күрделі дыбыс.*

**АФФРИКАТТЫ: аффрикатты фонемалар**. лингв. *Шұғыл және ызың дауыссыз элементтердің қосындысынан құралған дауыссыздар.*

**АХ** од. **1**. *Таңдану, таңырқауды білдіретін сөз.* **2**. *Қайғыруды, күрсінуді білдіретін сөз.* **3**. *Өкініш, арман мәніндегі көңіл-күйін білдіретін сөз.* **4**. *Ышқынуды білдіретін сөз.*

**АХА** од. **1.** *Иә, солай ма деген мағынасында ризашылық, қостаушылық, мақұлдаушылық сезімді білдіретін сөз.* **2.** *Мақұлдау, растау мәніндегі сөз.*

**АХАЛАЗИЯ** зат. мед. *Қысқыштардың (сфинктерлердің) босаңсу қабілетінің бұзылуы.*

**АХАЛТЕКЕ** зат. малшар. ***Ақалтеке*** *(Түрікмен жылқысының ертеден келе жатқан тұқымы).*

**АХАУ** од. *Ән салған кезде дауысты шырқап көтеру үшін айтылатын, әншіні қолпаштау мәніндегі сөз.*

**АХА-ХА** од. *Қуанып, шаттанып күлгенді білдіретін сөз. // Ойын-күлкі, ырду-дырду.*

**АХА-ХАЛА**= ет. **1.** *Қарқылдап күлу, мәз болу.* **2.** *Сауық-сайран құру.*

**АХА-ХАЛАТ**= ет. **1.** *Біреуді қарқылдатып күлдірту, мәз қылу.* **2.** *Көңілін көтеру, сайрандату.*

**АХА-ХАЛАТУ** *Аха-халат етістігінің қимыл атауы.*

**АХА-ХАЛАУ** *Аха-хала етістігінің қимыл атауы.*

**АХА-ХАУ** зат. *Сауық-сайран, ырду-дырду, ойын-күлкі.*

**АХА-ХАУЛА**= ет. **1**. *Күлу, қарқылдау, мәз болу.* **2**. ауыс. *Сауық-сайран құру, ойын-күлкі қуу.*

**АХА-ХАУЛАТ**= ет. **1.** *Қарқылдатып күлдірту, мәз қылу.* **2.** ауыс. *Көңілін көтеру, сайрандату.*

**АХА-ХАУЛАТУ** *Аха-хаулат етістігінің қимыл атауы.*

**АХА-ХАУЛАУ** *Аха-хаула етістігінің қимыл атауы.*

**АХАКУ-ХАКАКУ** зат. сөйл. **1**. *Қатты қарқылдап күлуді білдіретін сөз.* **2**. ауыс. *Ойын-күлкі, ырду-дырду.*

**АХАТ** зат. ескікіт. *Қоршау.*

**АХАХУ** зат. сөйл. ***Ахахау.***

**АХИЛЕС: Ахилес өкшесі.** *Адамның ең осал, жанға тиер, жетімсіз тұсы.*

**АХИЛИЯ** [грек. а – бей, жоқ, chylos – сөл] зат. мед. *Асқазан сөлінде тұзды қышқыл мен пепсин ақуызының жоқ болуы.*

**АХИР** зат. діни. *Аллаһу та'аланың көркем есімдерінің бірі; мақлұқтарының (жаратқан болмыстарының) жоқ болуынан кейін мәңгілік бар болатын, тек Өзі қалатын, ешқашан жоқ болмайтын дегенді білдіреді.*

**Ахир зухур.** діни. *Жұма намазының төрт рәкат соңғы сүннетімен екі рәкат уақыттың сүннеті арасында оқылатын төрт рәкаттық намаз; соңғы бесін немесе ихтият бесін.*

**АХИРЕТ** зат. діни. кіт. ***Ақирет.***

**Ахирет ғалымы.** діни. *Дүниелікке, мал-мүлікке, мансапқа мән бермейтін, ілімі арқылы дүниелікке қол жеткізуге талпынбайтын, ілімімен амал ететін, істері сөзіне сай, ғибадатқа жақсылыққа шақыратын, ілімі ахиретіне пайдалы болған қарапайымдылық иесі болған ғалым.*

**АХИРЕТТІК** сын. сөйл. ***Ақиреттік.***

**АХКОМ** [ар. أحكام] зат. діни. *Мұсылманшылық құқықта, қоғамдық және азаматтық қарым-қатынаста міндетті түрде сақтап, орындауға жататын заң, жарлық пен шешімдер жиынтығы.*

**АХЛАҚ** [ар. أخلاق] зат. кіт. <лат. moralis> *Адамдардың мінез-құлық, адамгершілік нормаларының жиынтығы.*

**Ахлақ замима.** ескікіт. *Жағымсыз, ұнамсыз мінез-құлық.* **Ахлақ хамида.** ескікіт. *Мақтаулы, игілікті мінез-құлық.*

**АХЛАҚСЫЗ** сын. кіт. *Бейәдеп, әдепсіз.*

**АХЛАҚСЫЗДЫҚ** зат. кіт. *Қандай да бір қоғамда, әлеуметтік ортада қалыптасқан рухани құндылықтардың құнсыздануы.*

**АХЛАҚТЫ** сын. кіт. *Мінезді, ақылды, әдепті.*

**АХМАҚ** сын. сөйл. ***Ақымақ.***

**АХОЛИЯ** [грек. а – бей, жоқ, chole – өт] зат. мед. *Өттің он екі елі ішекке құйылмай қалуы.*

**АХОНДРИД** [грек. а – жоқ, chondros – түйіршік, бөлшек] зат. астр. *Толық кристалды жасынтастардың (метеориттердің) бір түрі.*

**АХРАУИ** сын. ескікіт. *Діни, дінге қатысты.*

**АХРОМАТ** [грек. achromatos] зат. мед. *Заттың түсін ажырата алмайтын адам.*

**АХРОМАТИЗМ** [грек. achromatos] зат. физ. *Түскен сәулені бытыратпай жинап, түссіздендіретін оптикалық шынының қасиеті.*

**АХРОМАТИКАЛЫҚ** сын. хим. *Түссіз, боясыз.*

**АХРОМАТОПСИЯ** [грек. achromatos – түссіз, opsis – көру] зат. мед. *Түстерді айыру қабілетінің бұзылуы.*

**АХУАЛ** [ар. احوال] зат. **1**. *Хал, жағдай, жағдаят, тұрмыс.* **2**. *Жайы, күйі, жай-жапсары.* **3**. ауыс. *Өзара қарым-қатынас, көңіл-күй жағдаяты.*

**АХУАЛАТ** зат. ескікіт. *Хал-ахуал, хал-жағдай, мән-жай.*

**АХУН** [ар. اخون] зат. діни. **1**. *Діни сауаты бар адам, мұсылмандық діни лауазым, мүфтиден кейінгі атақ.* **2**. *Үлкен ғалым, зиялы адам.*

**АХУНДЫҚ** зат. *Ахунға тән, ахунға қатысты.*

**АҺ** од. **1**. *Кіжінуді, ыза болғандықты білдіретін сөз.* **2**. *Армандауды, опық жегендікті, өкінуді білдіретін сөз.* **3**. *Таңдану, таңырқау сезімін білдіретін сөз.*

**Аһ, дүния**. *Ой, шіркін, жалған өмір-ай деген мағынада.* **Аһ ұрды.** а) *Аһылап-ұһілеиді, қатты күйінді, қайғырды.* ә) *Қатты опық жеді, қапы қалды, өкінді.* б) *Сағынды, аңсады, ынтықты, зарықты.*

**АҺА** од. **1**. *Айызы қанғандықты, табалағандықты білдіретін сөз.* **2**. *Растағандықты, айғақтағандықты, мақұлдауды білдіретін сөз.*

**АҺАҺАЛА**[1]= ет. сөйл. ***Ахахала*** (*Аһаһа деп қарқылдап күлу*).

**АҺАҺАЛА**[2]= ет. *Растау, мақұлдау, қолдау.*

**АҺАҺАЛАУ**= ет. сөйл. *Аһаһала етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЛ** зат. діни. ескікіт. *Ел, халық, жұрт.*

**Аһл диуан.** діни. ескікіт. *Уәзірлер, үкімет адамдары.* **Аһл сүннет.** діни. *Сүнна мазһабын ұстанушы елдер, сүннилер.* **Аһл хикмет.** діни. *Философтар, дана адамдар.*

**АҺЛА**= ет. сөйл. ***Аһыла.***

**АҺЛАП-ҮҺЛЕ**= ет. сөйл. ***Аһылап-үһіле.***

**АҺЛАП-ҮҺЛЕТ**= ет. сөйл. ***Аһылап-үһілет.***

**АҺЛАП-ҮҺЛЕТУ** *Аһлап-үһлет етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЛАП-ҮҺЛЕУ** *Аһлап-үһле етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЛАТ**= ет. сөйл. ***Аһылат.***

**АҺЛАУ** *Аһла етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЛИ** зат. діни. ескікіт. **1.** *Тұрғылықты ел, ел-жұрт, халық.* **2.** *Нәсіл.*

**АҺУ** од. *Па, шіркін, аһ, дүния деген мағынасындағы сөз.*

**АҺ-ҮҺ** од. *Қайғыруды, уайымдауды білдіретін сөз.*

**АҺ-ҮҺЛЕ**= ет. сөйл. ***Аһылап-үһілеу.***

**АҺ-ҮҺЛЕУ** *Аһ-үһле етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЫЛА**= ет. сөйл. *Аһ-аһ деп қайғыру, қиналу, уайымдау.*

**АҺЫЛАП-ҮҺІЛЕ**= ет. сөйл. *Қайғыру, қамығу, уайым жеу.*

**АҺЫЛАП-ҮҺІЛЕТ**= ет. сөйл. *Аһ-үһ дегізіп уайымдату, қайғырту, қинау.*

**АҺЫЛАП-ҮҺІЛЕТУ** *Аһылап-үһілет етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЫЛАП-ҮҺІЛЕУ** *Аһылап-үһіле етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЫЛАТ**= ет. сөйл. *Аһ-аһ дегізіп қинау, уайымға салу.*

**АҺЫЛАТУ** *Аһылат етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЫЛАТЫП-ҮҺІЛЕТ**= ет. сөйл. *Шаршатып-шалдықтыру, аһ-үһ дегізу, қинау.*

**АҺЫЛАУ** *Аһыла етістігінің қимыл атауы.*

**АҺЫЛА-ҮҺІЛЕ**= ет. сөйл. *Аһ-үһ деп қайғыру, қапалану, уайымдау.*

**АЦЕТ** [лат. acetum] зат. хим. *Химиялық терминдердің сірке қышқылына қатысты екенін көрсететін күрделі сөздің алғашқы сыңары.*

**АЦЕТАТ** [лат. acetum] зат. хим. *Сірке қышқылының тұзы мен күрделі эфирі.*

**АЦЕТАТТЫ** сын. хим. *Ацетат қосылған, ацетаты бар.*

**Ацетатты талшық.** хим. *Целлюлозаның ацетатынан алынатын жасанды талшық.*

**АЦЕТАТТЫҚ** сын. хим. *Ацетатқа қатысты, ацетатқа тән.*

**Ацетаттық целлюлоза.** хим. *Целлюлоза ацетаты өндірісінде қолданылатын, химиялық өңдеуге арналған целлюлоза.*

**АЦЕТИЛЕН** [лат. acetum] зат. хим. *Көміртегі мен сутегінің химиялық қоспасынан тұратын жанғыш, түссіз, улы газ.*

**АЦЕТИЛЕНДІ** сын. *Ацетилені бар, ацетилен араласқан.*

**АЦЕТОН** [лат. acetum] зат. хим. *Ағашты өртеу арқылы алынатын түссіз, иісті, жанғыш, еріткіш органикалық сұйық қоспа.*

**АЦЕТОНДЫ** сын. *Ацетон араласқан, ацетоны бар (қоспа).*

**АЦИДОЗ** [лат. acidus] зат. мед. *Ағзадағы қышқыл мен сілті арақатысының бұзылуы салдарынан пайда болатын ауру.*

**АЦИДОЗДАЙ** сын. *Ацидоз сияқты, ацидоз тәрізді.*

**АЦИДОФИЛИН** [лат. acidus – қышқыл, грек. phileo – ұнатамын] зат. тамақ. *Сүтті ацидофильдік таяқша бактериялармен ұйытып жасаған қышқыл айран.*

**АЦИДОФИЛЬ** зат. тамақ. *Сүт қышқылды стрептококк пен айран ұйытқысын қосу арқылы алынған органикалық зат.*

**АЦИДОФИЛЬДІ** сын. тамақ. *Құрамында ацидофилі бар, ацидофиль араласқан.*

**АЦИДОФИЛЬДІК** сын. тамақ. *Ацидофильге қатысты, соған тән.*

**АЦТЕК** зат. *Мексикадағы ең көп санды үндіс халқы, сол халықтың өкілі.*

**Ацтек тілі**. *Америкалық үндіс тілінің тано-ацтек туыстас тобына жататын ацтек халқының тілі.*

**АЧЕЛЕР** зат. *Индонезияның Суматра аралын мекендейтін халық.*

**АШ** сын. **1**. *Ас ішпеген, тамақ жемеген; тоқ емес.* **2**. *Ішіп жемі жоқ, тамағы жетіспейтін, аштан-аш. // Көп уақыт тамақ жемей, титықтаған адам.* **3**. ауыс. *Ашық, лыпасыз.* **4**. ауыс. *Ашаң, нәзік, арық, жұқалаң.*

**Аш арыстандай ыңыранды**. *Ашу қысып, күңіренді, күйзелді.* **Аш бақадай жабысты.** *Қатты жабысып, айырылмады.* **Аш бөледен қаш бөле**. сөйл. *Шатаққұмар, жанжалқой адамдардан, пәледен аулақ жүр, оларға жолама, бастан құлақ садаға.* **Аш бел**. *Қыпша бел, нәзік бел.* **Аш бетті**. *Жақ еті солыңқы, қушық бетті.* **Аш болды**. а) *Ашаршылық көрді, аш жүрді.* ә) жерг. *Дәнді дақылдың дәні толыспады.* **Аш бөрі**. *Неден болса да тайынбайтын, ашынған.* **Аш бөрідей**. *Жалақтаған, аласұрған, құныға ауыз салған.* **Аш бөрідей алақтап [жалаңдап, жортып, жалақтап]**. *Аласұрып, қызылкөзденіп.* **Аш бөрідей тиді [бас салды, талады].** *Тас-талқан етті, быт-шытын шығарды.* **Аш бүйір [мықын]**. а) *Іші қусырылған, тартыңқы бүйір.* ә) *Малдың сербек сүйегінің алдындағы ойыс бөлігі.* **Аш бүйірін тойғызды**. *Кем-кетігін, жетпегенін толтырды.* **Аш иттей жалаңдады.** *Аранын ашты, еш нәрседен тайынбайтынын білдірді.* **Аш иттің артын [көтін] сұқ ит жалайды**. қарап. *Өзі мұқтаждық көріп жүргеннің нәрсесіне сұғанақтық жасайды, жарымағанға жармасады.* **Аш итше.** бейн. *Түк көрмегендей жалаңдап, жапа-тармағай таласып.* **Аш кенедей [жабысты, қадалды]**. *Жолап кеткен жеріне жабыса кетіп айырылмайтын, қадалған жерінен қан алатын, талақтай жабысатын.* **Аш көмек**. *Пайдасыз жалаң жәрдем.* **Аш күзендей**. жағымсыз. *Ащы дауыспен шаңқылдап.* **Аш күзендей бүгілді.** поэт. а) *Әлі кетіп, бауырын жаза алмады.* ә) *Қаншырдай қатып жарады.* б) *Қайғы батып, құсалық көрді.* **Аш күзендей бүгілтті.** *Жанын азапқа салды, қинады, жапа шектірді.* **Аш күзенше шақылдады.** бейн. *Шаптығып бет бақтырмады, шабаланды.* **Аш қасқыр.** этн. ойын. *Кең, жазық жерде ойналатын, ойыншылар санына шек қойылмай, бір бала ойын жүргізуші болып, екінші бала «аш қасқыр» болып белгіленетін балалардың ұлттық ойыны.* **Аш қасқырдай**. *Жалақтаған, қомағайланған, аранын ашқан.* **Аш қасқырдай [бөрідей] жалаңдады.** *Жалақтады, жалмаң қақты.* **Аш қатты**. *Өз малын өзінен аяды, ішіп-жемеді.* **Аш құлақтан тыныш [тиыш] құлақ**. *Бір нәрседен, бәледен аулақ, жайына жүру, қақ-соқтан қашу.* **Аш құрсақ**. *Малдың санының алдындағы ойысы.* **Аш өзек [құрсақ]**. а) *Іші-бауыры.* ә) *Тамақ ішпегендіктен талып, әлсіреген ішкі сарай.* **Аш өзегіне түсті**. *Әбден ашыққан адам ішкен асты көтере алмай әлсіреп қалды.* **Аш өзегін қарыды [аш өзегі өртенді]**. *Уайымға батты, қатты қайғырды, жаны ауырды, қайғыдан ішқұса болды.* **Аш өңді**. *Арық келген, ашаң жүзді, құқыл жүзді.* **Аш өңеш**. *Құныққан, қомағайланған.* **Аштан өлді [катты]**. *Тамақ іше алмай, ашығып өлді, аштықтан мерт болды.* **Аштан өліп, көштен қалды**. *Күн көре алмады, ел қатарына ілесе алмады.* **Аштан өліп, көштен қалмайды.** *Дымсыз қалмайды, бір мәнісі табылар деген мағынада.* **Аш тиді.** миф. *Көзі өткір, көзі тигіш, назарғер адамның жас балаға тіл-көзі тиді.* **Аш тұмсық**. *Қомағайланған, аранын ашқан, құныққан.* **Аш үміт**. поэт. *Ойсырап орны толмай тұрған арман-тілек.*

**АШ**= ет. **1**. *Жабық тұрған, бекітілген нәрсенің есігін, бетін шалқайту, ашық қалыпқа келтіру.* **2**. *Бір нәрсенің бетінде, үстінде тұрған затты алып тастау.* **3**. *Екі нәрсенің жігін, арасын ажыратып бөлу, арасын алшақтату.* **4**. *Бүктелген нәрсені жазу, жаймалап қою, бетін көрінетіндей ету.* **5**. *Бекітілген құлып т.б. нәрсені кілтпен немесе басқа нәрсемен бұрау.* **6**. ауыс. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтап беру, айқындау, нақтылай түсу.* **7**. ауыс. *Бір нәрсені тыңнан іздеп табу.* **8**. ауыс. *Құру, орнату, салу.* **9**. ауыс. *Бір нәрсені толық сипаттап көркемдеп жеткізу.* **10**. ауыс. *Жиналыс, митинг, тағы басқа іс-шараны басқарып, бастап беру.*

**Аша түсті**. *Ішкі сенімсіздігінен айырып, ой-пікірін, әңгімесін айтатындай етті.* **Ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында [жұмырығында]**. сөйл. *Еркінде, билігінде болды, билеп-төстеді, уысынан шығармады, айтқанына көндірді.* **Ашып айтты**. *Анығын, турасын жасырмай айтты.*

**АША**[1] зат. **1**. *Екі тармақты, екі айыр сай.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің тармағы, саласы, айрық.*

**Аша мүйізді.** *Екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан мүйіз.* **Аша тұяқ.** *Сиыр, қой -ешкі сияқты малдардың жалпы атауы.*

**АША**[2] зат. этн. **1**. *Бір түптен айырыла шыққан тармақ, бірнеше тармаққа айырылып шыққан ағаш.* **2**. *Қысқа-қысқа ашалары бар киім ілгіш ағаш; адалбақан.* **3**. *Үйдің төбесіндегі арқалықты, яки бел ағашты астынан тіреп қоятын басы айыр тіреу; діңгек.* **4**. этн. *Жауынды күндері киіз үйдің түндігін тіреп қоюға арнап, арнайы ұзын етіп жасалатын, бақанға ұқсас жіңішке сырық түрі.* **5.** *Мал байлайтын айыр тармақты ағаш; мама ағаш.*

**Аша ағаш [ауыз]**. саят. *Құсбегінің қолы талмас үшін құс қанатын сүйеп отыратын бүркіт балдақ немесе қолдық.* **Аша бұтақ.** *Ағаштың бір бұтағынан айырланып екіге тараған түрі.*

**АША**[3] зат. көне. этн. *Болаттан екі айыр етіп соғылған найза.*

**АША**[4] зат. сөйл. ***Шанышқы.***

**АША**[5] зат. *Екі және одан да көп айыртармақты шөп жинауға арналған құрал.*

**АША**[6] зат. жерг. *Адымы, екі аралығы.*

**Ашасынан келді**. *Бұт айрығынан келді, санынан келді.*

**АША**= ет. сөйл. ***Аса.***

**АШАБАҚАН** зат. этн. *Көлемі қарабақаннан кіші, аша сырықтан үлкен, басы ашалы, жоғарғы жағы бірнеше тармақты аша болып келген киіз үйдің түндігін ашып-жабатын ұзын сырық.*

**АШАҒАР** зат. жерг. *Суы ащы бұлақ.*

**АШАДАЙ** сын. *Аша сияқты, аша тәрізді.*

**АШАДДЫ** сын. ескікіт. *Қатыгез, қатал адам.*

**АШАДДЫЛЫҚ** зат. ескікіт. *Ашадды болушылық, ашушаңдық.*

**АШАҚАЙ** зат. анат. *Тіл етінің артқы көмекей бездеріне аралас тұрған жеріндегі тіл сүйегінің шықшытқа байланар тұсы, орта кесіндісі.*

**АШАЛА[1]=** ет. сөйл. *Шөпті және басқаны ашамен көтеру, айырлау.*

**АШАЛА[2]=** ет. **1**. *Аша жасау, аша етіп кесу.* **2**. ауыс. *Айыру, жіктеу, талдау, саралау.* **3**. ауыс. *Анықтап алу, тәптіштеп біліп алу.*

**АШАЛАН=** ет. **1**. *Екіге бөліну, тармақталу.* **2.** *Біртұтас дененің бірнеше тармаққа ажырауы.* **3.** бот. <грек. dichazo> *Бір-біріне қарама-қарсы екі жанама гүлөркеннің екіге ажырап тарамдалып, гүлшоғырдың әрі қарай өсуін жалғастыруы.*

**АШАЛАНУ** *Ашалан етістігінің қимыл атауы.*

**АШАЛАҢ** сын. *Аш-жалаңаш.*

**АШАЛАП-АШАЛАП** үст. **1**. *Бөліп-бөліп, бөлшектеп.* **2**. ауыс. *Талдап-тәптіштеп, саралап.*

**АШАЛЫ[1]** сын. **1**. *Айыр боп келген.* **2**. *Тармақталған, тарам-тарам.*

**АШАЛЫ[2]** сын. *Айыры бар, ашасы бар.*

**АШАМАЙ[1]** зат. этн. **1**. *Алды-арты сүйемелі биіктеу келген, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған балаға арналған ер.* **2**. *Нардың немесе түйенің өркешіне жүктің салмағын түсірмей тұратын ағаш; түйеге жүк арту үшін арнайы жасалған ер тәрізді сайман.*

**Ашамай ер**. этн. *Баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі.*

**АШАМАЙ[2]** зат. *Тармақ, аша, айырылатын жер.*

**Ашамай сайғақ**. *Бас киімнің түрі.* **Ашамай сүйекті**. *Арбиған, арса-арса; арық.*

**АШАМАЙДАЙ** сын. *Ашамай сияқты, ашамай тәрізді.*

**АШАМАЙЛА=** ет. *Ашамай салу, ерттеу.*

**АШАМАЙЛАН=** ет. *Ашамай тәрізді болу.*

**АШАМАЙЛАУ** сын. *Арықша, сидиған.*

**АШАМАЙЛЫ** сын. *Ашамай салынған, үстінде ашамайы бар.*

**АШАМАЙЛЫҚ** зат. *Ашамай (ыңыршақ) тұратын жер, қыр арқасы.*

**АШАМАЙША** үст. *Ашамай тәрізді, ашамайға ұқсас.*

**АШАМҰРТ**: **ашамұрт шаян**. зоол. <лат. cladocera> *Денесінің ұзындығы 2-3 мм, тұщы суда тіршілік ететін желбезекаяқты шаян тәрізділер отрядына жататын омыртқасыз жануар.*

**АШАМҮЙІЗДІЛЕР** зат. зоол. *Жұптұяқтылар отряды күйісқайыратындар тармағының бір тұқымдасы.*

**АШАҢ** сын. **1**. *Арықша, жүдеу, етсіз.* **2**. *Жұқалтаң.* **3**. ауыс. *Аққұба, ашық өңді.* **4**. ауыс. *Мүсінді, жинақы, сұлу.*

**Ашаң бие.** *Қоңсыз, арық, ұрғашы жылқы.* **Ашаң денелі.** *Арық, нәзік.* **Ашаң жүз [өң]**. *Аққұба, жұқалтаң кескін.* **Ашаң жүзді [өңді]**. а) *Жүзі ашаңдау, талдырмаш келген.* ә) *Арықтау, жүдеу (адам).* **Ашаң тартты**. *Аздап арықтады, жұқаланды.*

**АШАҢДА=** ет. *Арықтап кету, жүдеу.*

**АШАҢДАН=** ет. **1**. *Арықтап, жүдеп кету.* **2**. ауыс. *Таралып, реңі ашылу.*

**АШАҢДАУ** сын. *Арығырақ, жүдеулеу.*

**АШАҢДЫҚ** зат. **1**. *Арықтық, жүдеулік, семіз еместік.* **2**. ауыс. *Жеткіліксіздік, кедейлік, жетімсіздік.*

**АШАР** зат. жерг. ***Кілт.***

**АШАРАТ** зат. көне. *Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей.*

**АШАР-АШПАСТАН** үст. *Бір нәрсені толық ашпай жатып, тез.*

**АШАРШЫЛЫҚ** зат. **1**. *Аш болушылық; жоқшылық.* **2**. *Табиғат қолайсыздығы немесе қоғамдағы зобалаң салдарынан ел ішінде болған жұт, аштық.* **3**. *Жұтаңдық, жоқтық, тапшылық.*

**Ашаршылық жылдар**. тар. XX *ғасырдың 20-30-жылдарындағы елдің басына түскен жұт, жоқшылық, зобалаң кезеңі.* **Ашаршылыққа ұшырады**. *Аштыққа кез болды, ашаршылыққа тап болды.*

**АШ-АРЫҚ** сын. **1**. *Ашыққан, арыған, жадап жүдеген (адам).* **2**. *Кедей, жарлы.*

**Аш-арық көрді**. жерг. *Аштық көрді, қиындық көрді.*

**АШАСҮЙЕК** зат. вет. *Құс бұғанасында болатын, ұшы айыр жұп сүйек.*

**АШАСЫЗ** сын. *Ашасы жоқ, аша қолданбай.*

**АШАТҰЯҚ** зат. **1**. *Сиыр, қой, ешкі сияқты малдардың жалпы атауы.* **2**. қолөнер. *Малдың ашатұяғына ұқсас өрнек.*

**АШАТҰЯҚТЫ** сын. *Тұяғы екіге бөлініп айырланып келген.*

**АШАТҰЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. artiodactyla> *Аяқтарының үшінші, төртінші саусақтары бірдей дамыған, өсімдіктермен қоректенетін сүтқоректілердің бір отряды.*

**АШБАСПАҚ** зат. вет. *Ашығудан болатын қой ауруы.*

**АШ-ЖАЛАҢАШ** сын. **1.** *Киімсіз, тамақсыз.* **2.** *Азып-тозған, жадап-жүдеген.*

**АШ-ЖАЛАҢАШТЫҚ** зат. **1**. *Аштық, жетімсіздік, жоқшылық.* **2.** *Кедейлік, кедейшілік.*

**АШИЯ** зат. *Зат, нәрсе, бұйым.*

**АШКӨЗ** сын. **1**. *Тамақсау, қомағай, қарны тойса да, көзі тоймайтын обыр.* **2**. ауыс. *Қанағатсыз, сұғанақ, алымсақ.* **3**. ауыс. *Құмар, әуес.*

**АШКӨЗДЕН=** ет. **1.** *Қомағайлану, ашқарақтану.* **2.** ауыс. *Қанағатсыздану, сұғанақтану*

**АШКӨЗДІ** сын. сөйл. ***Ашкөз.***

**АШКӨЗДІК** зат. *Қомағайлық, қанағатсыздық.*

**АШКӨЗДІЛІК** зат. сөйл. ***Ашкөздік.***

**АШКӨК** зат. өс. сөйл. ***Аскөк.***

**АШҚАРАҚ** сын. **1**. *Аштыққа шыдамсыз, төзімсіз, оңаза.* **2**. *Қомағай, обыр, тамақсау.* **3**. ауыс. жағымды. *Бір нәрсеге шексіз құмар, ізденімпаз.* **4**. ауыс. жағымсыз. *Араны ашылған, қанағатсыз, тойымсыз, сұғанақ. // Тойымсыз, қанағатсыз, тоғышар адам.*

**АШҚАРАҚТАН=** ет. **1**. *Қомағайлану, обырлану.* **2**. ауыс. *Қанағатсыздық көрсету, тойымсыздық таныту.* **3**. ауыс. *Құмарлану, ынтызарлану.*

**АШҚАРАҚТАНУ** *Ашқарақтан етістігінің қимыл атауы.*

**АШҚАРАҚТАУ** сын. *Аштыққа төзімсіздеу, оңазалау, қомағайлау.*

**АШҚАРАҚТЫҚ** зат. **1**. *Қомағайлық, обырлық, тамақсаулық.* **2**. ауыс. *Тойымсыздық, қанағатсыздық.* **3**. ауыс. *Ынтызарлық, құмарланушылық.*

**АШҚАРАТ** зат. *Торы түсті ат.*

**АШҚАРЫН** сын. **1**. *Тамақ ішпеген, қарны аш, аш өзек (күй).* **2**. ауыс. *Ішіп-жемі жоқ, аш өзегіне түсіп, жүдеп-жадаған (адам).*

**АШҚАРЫНДА** үст. *Тамақ ішпеген уақытта, аш өзек кезде.*

**АШҚЫЗ=** ет. **1**. *Жабық тұрған нәрсенің есігін ашық қалыпқа келтіру.* **2**. *Жабық тұрған нәрсенің бетіндегі затты алып тастату.* **3**. *Қоғамдық ұйымдарды (мектеп, балабақша т.б.), шаруашылықты құру, ұйымдастыру, іске қосқызу.* **4**. ауыс. *Бір нәрсенің құпиясын, сырын анықтату.* **5**. ауыс. *Санасын ояту.*

**АШҚЫЗУ** *Ашқыз етістігінің қимыл атауы.*

**АШҚЫЛ** сын. *Ащы, қышқыл.*

**АШҚЫЛТ** сын. *Ащылау, қышқылдау.*

**АШҚЫЛТЫМ** сын. **1**. *Ащылау, қышқылтым (дәм).* **2.** *Танауды жаратын, өткірлеу (иіс).* **3.** ауыс. *Қиын, ауыр, азапты.* **4.** ауыс. *Өткір, уытты (сөз).* **5.** ауыс. *Ауыр тиетін; жайсыз.*

**Ашқылтым иіс.** а) *Танауды жыбырлататын, жусан т.б. ащы шөптерден шығатын жағымды иіс.* ә) *Ашыңқыраған айран, іркіт, сүт т.с.с. шығатын иіс.*

**АШҚЫЛТЫМДАН=** ет. *Ащылану, қышқылдану.*

**АШҚЫЛТЫМДАУ** сын. *Ащылау, қышқылтымдау.*

**АШҚЫШ** зат. жерг. ***Кілт.***

**АШПА** зат. **1**. *Партаның ашып-жабуға ыңғайландырып жасалған беткі тақтайының бір бөлігі.* **2**. *Есік, ашылатын жер.*

**АШПА-ЖАЛАП** сын. **1**. *Бірде аш, бірде тоқ, жоқ-жітік. // Жетіспеушілік, тапшылық.* **2**. ауыс. *Қанағатсыз, тойымсыз. // Кедей -кепшік, жарлы-жақыбай.*

**АШПАЛЫ** сын. *Ашылатын, ашып-жабуға ыңғайлы, ашуға келетін.*

**АШПАСӘЛІП** зат. этн. *Құмалақ басының әр мүшесіне үш-үштен тоғыз құмалақтың бөлінуі.*

**АШТА-ЖАП**: **ашта-жап кітап.** сөйл. *Оқылмайтын, сапасы нашар кітап.*

**АШТАН-АШ** үст. *Нәр сызбай, нәр татпай, тамақ ішпей.*

**АШ-ТОҚ** сын. *Бірде аш, бірде тоқ. // Жай-күй, жағдай, тұрмыс.*

**АШТЫ** сын. **1**. *Ауызды, тілді қуырып (ашытып) жіберетін дәм; тәтті емес.* **2.** жерг. *Ащы, удай.*

**АШТЫ-ТОҚТЫ** сын. *Аш және тоқ (болған).*

**АШТЫҚ** зат. **1.** *Ұзақ уақыт бойы тиесілі мөлшерде тамақ ішпегендіктен болатын күй, жағдай; тоқ еместік.* **2.** *Ішіп-жемнің жетімсіздігінен болатын ел ішіндегі күйзеліс, ашаршылық.*

**Аштық азабын [зардабын] тартты**. *Ашаршылық, жоқшылық күйдің қиыншылығын басынан өткерді.* **Аштық блокадасын жасады**. саяси. *Өктем мемлекеттің немесе саяси-әлеуметтік топтың басқа мемлекетті немесе әлсіз топты өз мүддесіне бағындыру мақсатымен көрсететін күштеу шарасы.* **Аштық жариялау**. саяси. *Билік иелері тарапынан қандай да бір шараларды әділетсіз деп тапқан әлеуметтік топ өкілдерінің өз талаптарын орындату үшін тамақтан бас тарту арқылы жүзеге асырылатын қарсылық әрекеті.* **Аштық жүрді [болды]**. *Экономикадағы құлдырау, табиғат қолайсыздығы, соғыс және т.б. күйзелткіш күштердің салдарынан ел ішіндегі жоқшылық, ашаршылық орын алды.* **Аштық жылы**. тар. *Ішіп-жемнің жетімсіздігінен болған күйзеліс, ашаршылық болған кезең, уақыт.* **Аштық көрді**. *Ұзақ уақыт тамақсыз, ішіп-жемсіз жүрді, ашқарын болды.* **Аштық күй**. *Ұзақ уақыт ас-сусыз жүргендегі адамның жағдайы.* **Аштыққа шыдады**. а) *Ашығуға, аштық күйге төзімділік танытты.* ә) *Ішіп-жемнің тапшылығына төзді.* **Аштық [-тың] құрбаны**. саяси. *Кеңес өкіметі кезеңіндегі зобалаң, соғыс жылдарында аштықтан азап шеккен, қаза болған әлеуметтік топ, халық.* **Аштық қысты**. *Ішіп-жемнің жоқтығы шыдатпады.* **Аштық саясат.** *Геноцид саясаты.* **Аштық түсті**. *Ашаршылық, жоқшылық көрді.*

**АШТЫҚ-ЖАЛАҢАШТЫҚ** зат. *Тамақтың, киімнің жетімсіздігі; жоқшылық.*

**АШТЫҚ-ШӨЛ** зат. *Тамақтың, судың тапшылығы.*

**АШТЫЛЫ-ТОҚТЫЛЫ** үст. сөйл. *Бірде аш, бірде тоқ жоқшылық күй кешіп.*

**АШТЫР**= ет. **1.** *Жабық тұрған нәрсені ашық күйге келтірту, ашқызу.* **2.** *Жиырылып тұрған нәрсені жайғызу, жазғызу.* **3.** ауыс. *Бастату, арнату.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің басталуына, негізінің қалануына себепші болу, іске қосқызу.*

**АШТЫРУ** *Аштыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШТЫ-ТӘТТІ** сын. *Ащысы да, тәттісі де кезектес.*

**АШТЫ-ТОҚТЫ** сын. *Бірде аш, бірде тоқ.*

**АШУ**[1] зат. *Ыза, реніш, кейіс; бұлқан-талқан күй.*

**Ашу айтты**. *Ашуын сөзбен білдірді, ашуланды.* **Ашу алқымына тығылды [тірелді]**. *Ызаға, ашуға булықты, ызаланды, ашуланды.* **Ашу биледі**. *Ашуланды, ашуға берілді.* **Ашу буды**. *Ашу қысты, ашу кернеді, ызаланды.* **Ашуға арандатты**. *Ашуландырыды, ызаландырыды.* **Ашуға басты**. *Ашуланды, ызаланды, долырды, ашу шақырды.* **Ашуға билетті**. *Ашуға бой алдырды, сабырсыздық танытты.* **Ашуға [ашудан] булықты**. *Ашуланды, ыза болды.* **Ашуға мінді**. а) *Ашу шақырды, ашуланды.* ә) *Ыза болды, ызаланды.* б) бейн. *Су, жел, боран сияқты т.б. табиғат құбылыстарының күшеюі, үдеуі.* **Ашуға салды**. *Ашуға басты, ызаға булықты.* **Ашуға тығылды**. *Ашуға булықты.* **Ашудан айықты**. *Ашуы басылды, тарады.* **Ашудан жарылып кете жаздады**. *Ашуға булықты, қатты ашуланды, қаны қайнады.* **Ашуды ақылға жеңдірді**. *Сабырлық етті, өзін ұстады, ызасын басты.* **Ашу етті [қылды]**. *Ашуланды, ашу шақырды.* **Ашу жайлады**. *Ішіне кек жиналып, намысы қайнады.* **Ашу келтірді**. *Ызаландырды, ашуландырды.* **Ашу керді**. *Ашу қысты, ашуы ішіне сыймады.* **Ашу кернеді**. *Қатты ашуланды, ашуы ішіне сыймады.* **Ашу қысты**. *Ашу буды, ызаланды.* **Ашумен алқындырды.** *Ашумен бағындырды, тықсыртты.* **Ашу селі.** *Көкіректі кернеген ашу-ыза.* **Ашу үстінде**. *Ашулы кезінде, ашуға булыққанда.* **Ашу шақырды**. *Ашуланды, ашуға мінді, ызаланды.* **Ашу шашты**. бейн. *Ашуланды, адуындады.* **Ашуы [су сепкендей] басылды**. *Ашуланғанын қойды, тоқтатты.* **Ашуы бетіне шықты**. *Ашуланғанын жасыра алмады, түтігіп кетті.* **Ашуы келді**. *Ашуланды, ыза болды.* **Ашуы қайнады**. *Қатты ашуланды, зығырданы қайнады.* **Ашуы қатты**. *Адуынды, тез ашуланатын (кісі).* **Ашуы мұрнының [тілінің] ұшында**. *Ашуы тез келетін, «жарылып» кететін тыз етпе, күйіп-піспе кісі туралы.* **Ашуын ақылы басты**. *Ақылға жеңдірді, ақылға келді, ашуын басты.* **Ашуын алды**. *Кегін алды, өшін қайтарды.* **Ашуынан қайтты**. *Ашуын қойды, ызасын басты.* **Ашуына тиді**. *Ызасын келтірді, ашуландырды.* **Ашуын басты**. *Сабасына түсті, кәрін басты, сабырлы кейіпке енді.* **Ашуын білдірді**. *Өкпе-назын, ренішін, ызасының себебін білдірді.* **Ашуын қозғады**. *Ашуына тиді, шамдандырды, ашуландырды.* **Ашуын тілеп алды**. *Ашуын қойғызды, кәрін басқызды.* **Ашуыңды бас**. *Ашуыңды қой, ызалануды тоқтат деген мағынадағы басу сөз.* **Ашуыңды қи [бер]**. *Ашуыңды бас, қой деген мағынада.* **Ашуы тарқады [тарады]**. *Ашуы басылды, ашуланғанын қойды.* **Ашуы түсті**. жерг. *Ашуы келді, ашуланды.*

**АШУ**[2] *Аш етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің бетін, тетігін, есікті ашық қалыпқа келтіру.* **2.** ауыс. *Қоғамдық мекеме, кәсіпорын т.б. іске қосу, құру.* **3.** ауыс. *Жиналыс, конференция, митинг т.б. жиын, жиналысты бастау.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтап беру, көрсету.*

**Ашуын тапты**. стиль. *Кілтін тапты, сырын білді, тілін тапты.*

**АШУ**[3] *Ашы*[1] *етістігінің қимыл атауы; дызылдау, күйдіру.*

**АШУ**[4] *Ашы*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Быжу, ашыған күйге келу.* **2.** хим. *Микроағзалар тіршілігі әрекеттерінде пайда болатын фермент әсерінен органикалық заттардың биохимиялық жолдармен өзгеріп, ыдырап, спирт, көмірқышқыл газы, метан, сутек т.б. заттарға айналуы.*

**АШУ-АРАЗ** зат. *Ыза, кек, реніш, наразылық.*

**АШУ-АРАЗДЫ** сын. *Ызалы, наразылы, ұрыс-керісті.*

**АШУ-АРАЗДЫҚ** зат. *Ызалық, наразылық, ұрыс-керістік.*

**АШУ-АРАЗСЫЗ** сын. *Наразылықсыз, ұрыс-керіссіз.*

**АШУАТ** сын. жерг. ***Ашылауыт***.

**АШУАТШӨП** зат. өс. жерг. *Сортаңды, ащылы жерге өсетін шөп.*

**АШУГ** зат. *Кавказ халықтарының (әзірбайжан, дағыстан, армян т.б.) халық жыршысы; ақын, жырау.*

**АШУДАС** зат. хим. **1.** *Алюминий, хром, темір және басқа бір сілтілі металдың қоспасынан алынған екі есе күкіртқышқылды тұз; түссіз, мөлдір кристалл.* **2.** *Тіл, ауыз уылғанда басатын ашудас сынығы.*

**АШУДАСТАЙ** сын. **1.** *Ашудас сияқты, ашудас тәрізді.* **2.** ауыс. *Ащы, зәрлі.*

**АШУ-ЖАНЖАЛ** зат. *Бүлік, шатақ.*

**Ашу-жанжал шығарды [қылды]**. *Бүлік салды, шатақтық жасады.*

**АШУ-ЗІЛ** зат. *Ыза, кейіс, зіркіл.*

**АШУ-ЗІЛСІЗ** сын. *Ашу-зілі жоқ, кексіз.*

**АШУ-КЕК** зат. *Ыза, кек, кейіс.*

**АШУҚОР** сын. *Ашуланшақ, ызақор.*

**АШУЛАН**= ет. **1.** *Ызалану, ашу шақыру.* **2.** *Қатулану, қаһарлану.* **3.** *Ренжу, кею, өкпелеу.* **4.** *Тісін басу, өшігу.*

**Ашуланған болды**. *Ашуланғансыды, өтірік ашуланды.*

**АШУЛАНҒЫШ** сын. *Тез ашуланатын (адам).*

**АШУЛАНҒЫШТЫҚ** зат. психол. *Тез ашуланғыш қасиет; ашуланшақтық.*

**АШУЛАНДЫР=** ет. **1**. *Ызаландыру, ашуын келтіру.* **2.** *Ренжіту, өкпелету, кейіту.*

**АШУЛАНДЫРУ** *Ашуландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШУЛАНУ** *Ашулан етістігінің қимыл атауы.*

**АШУЛАНШАҚ** сын. *Тез ашуланғыш, ызақор.*

**АШУЛАНШАҚТЫҚ** зат. *Ашуланғыштық, ызақорлық, күйгелектік.*

**АШУЛАНЫС=** ет. *Бір-біріне ашулану.*

**АШУЛАС** сын. *Ашуы бірдей, ашуы ұқсас (адам).*

**АШУЛЫ**[1] сын. **1.** *Ашуланған, ызалы.* **2.** *Ренжулі, өкпелі.* **3.** *Күйгелек, сабырсыз, ашуланшақ.* **4.** *Қатулы, түнжыраған, қабағы салыңқы.* **5.** *Қатал, қатаң, қатыгез.* **6.** *Дүлей, жойқын.* **7.** *Сұсты, ызғарлы.* **8.** ауыс. *Долы, алай-түлей (боран, жел т.с.с.).*

**Ашулы дауыс [үн]**. а) *Адуынды, зілді дауыс.* ә) *Зәрлі, қатқыл дауыс.* **Ашулы көз**. *Ашу-ызаға толы, ақиған, шатынаған көз.*

**АШУЛЫ**[2] сын. *Ашық қалған, ашық тұрған, жабылмаған.*

**АШУМЕН** үст. *Ашу үстінде, ашуланған күйі.*

**АШУРА** [ар. عاشوراء] зат. діни. *Ислам діні бойынша мұхаррам айының алғашқы он күніндегі ауыз бекіту, ораза ұстау рәсімі.*

**Ашура күні**. діни. *Мұхаррам айының алғашқы он күнінде өтетін ислам діндегі мереке.*

**АШУ-РЕНІШ** зат. *Ызалық пен өкпе.*

**АШУСЫЗ**[1] сын. **1**. *Ашуы болмай, кейіссіз, ренішсіз.* **2.** ауыс. *Тынық, бір қалыпты.* **3.** ауыс. *Кексіз, намыссыз, жігерсіз.*

**АШУСЫЗ**[2] сын. *Ашылмаған, ашылусыз қалған, жабық күйінде.*

**АШУТАС** зат. хим. ***Ашудас***.

**АШУ-ШАМ** зат. *Шамданған кейіп, ашу.*

**АШУШАҢ** сын. *Ашуланшақ, шырт етпе.*

**АШУШАҢДЫҚ** зат. *Ашуға тез бой алдырушылық, ашулы болушылық.*

**АШУ-ЫЗА** зат. **1.** *Қатты кейіс, кек, ашу.* **2.** *Наразылық, қарсылық, іштей кейіс.*

**Ашу-ыза қысты**. *Ашуланды, ызаланды.* **Ашу- ызасы тарқады**. *Ашуы басылды.* **Ашу-ыза шекті**. *Ашуланды, ашулы күйге түсті.*

**АШУ-ЫЗҒАР** зат. *Реніш, кейіс, қаһар.*

**АШЫ**[1]**=** ет. *Дуылдау, тызылдап ауыру.*

**АШЫ**[2]**=** ет. *Микроағзалардың әсерінен органикалық заттарда болатын ыдырау үдерісі; быжу, ащы күйге айналу.*

**Ашыған бауырсақ.** тамақ. *Арнайы ашытқан қамырға жұмыртқа жарып илеп, майға жүздіріп пісірген бауырсақ.* **Ашыған көже**. этн. тамақ. *Ыстықта шөлді басатын, дәнді дақылдан сүт тағамдарын қосып ашытып дайындайтын ұлттық сусын түрі.* **Ашыған қамыр**. тамақ. *Бидай, қара бидай ұнына ашытқы, тұз, су және т.б. қосып иленіп, ашытылған қамыр.* **Ашыған қамырдай қабарды.** *Добалдай болып, торсиып ісінді.*

**АШЫҒУ** *Ашық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеткілікті түрде тамақтанбау не мүлде тамақ ішпеу, қарны аш болу.* **2.** мед. *Белгілі бір ауру түрлерін емдеу және ағзаны сауықтыру үшін 24, 36, 48 сағат және одан да көп уақыт тамақтан бас тарту.*

**АШЫҒУШЫ** зат. *Тамақтан тарығушы, аштыққа ұшыраушы, қарны ашушы.*

**АШЫҒЫП-АРЫП** үст. *Қарны ашып, жадап-жүдеп.*

**АШЫҒЫШ**: **жаны ашығыш**. *Мүсіркегіш, есіркегіш (адам).*

**АШЫҚ**[1] зат. ескікіт. ***Ғашық***.

**Ашық болды**. сөйл. ***Ғашық болды.*** **Ашық оты**. ескікіт. ***Ғашық оты.***

**АШЫҚ**[2] сын. **1**. *Аузы, есігі, төбесі немесе үсті жоқ, жабылмаған.* **2.** *Еш нәрсе жоқ, бос (жер, алаң).* **3**. *Қалқасы, ықтасыны жоқ (дала, теңіз).* **4.** *Бұлтсыз, жауын-шашынсыз (күн, аспан).* **5**. *Анық, айқын, көрнеу, жария түрде; жасырын емес.* **6**. *Кең диапазонды, қатты (ұн, дыбыс).* **7**. *Ақшыл, айқын (бояу, түс).* **8**. ауыс. *Іркусіз, бүгусіз, шын ниетті.* **9**. ауыс. *Жайдары, ақ жарқын.*

**Ашық азаматтық қоғам**. қоғ.-саяси. *Әрбір жеке азаматының құқығы мемлекет құқығымен тең қаралатын, заман талаптарына қарай өзгеріп отыратын, ашық жүйеде құрылған қоғам.* **Ашық акционерлік қоғам**. экон. *Қатысушылары қолдарындағы акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз кез келген сатып алушыға кез келген баға бойынша иеліктен шығара алатын акционерлік қоғам.* **Ашық аңғар**. геол. *Екі өзен әртүрлі бағытта ағатын аңғар.* **Ашық арна**. сушар. *Беті атмосферадан бөлінбеген (мыс, мұз жамылғысы) арнадағы ағын.* **Ашық бет**. геол. *Тау жыны-*

*стардың белгілі бір көлемін массивтен бөліп алу нәтижесінде пайда болған бет.* **Ашық буын.** л и н г в. *Бір дауыстыдан болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буын.* **Ашық дауыс.** а) *Қатты шығатын, таза, жағымды дауыс.* ә) с а я с и. *Сайлаушылардың үміткерге өз атымен, ашық, бүркемей дауыс беруі, сайлауы.* **Ашық дауыстылар.** л и н г в. *Жақтың мейлінше кең ашылып, иектің төмен түсуінен пайда болатын дыбыстар.* **Ашық девальвация**. э к о н. *Заңды түрғыда танылған девальвация.* **Ашық деп жариялады.** к і т. *Жиналыс, құрылтай барысының басталғанын арнайы, ресми түрде хабарлады.* **Ашық желі**. с у ш а р. *Жер құрғату үшін қазылған тоған, коллектор мен жер асты суын қабылдап алып, оны, басқа жаққа бұрып алып кететін арна.* **Ашық жиналыс [мәжіліс]**. *Мекеме, ұйым, өндіріс ұжымының барлық мүшелерінің қатысуымен болатын ресми жиналыс.* **Ашық жоғары оқу орны**. п е д. *Тыңдаушыларды жасына қарамастан, білім деңгейлеріне төменшікті талап қою арқылы қабылдай беретін жоғары оқу орны.* **Ашық жұмыс**. и н ф. <ағыл. open working> *Бір компьютердің пайдаланушысының немесе бағдарламаның екінші компьютердің пайдаланушысымен немесе бағдарламасымен байланысуы.* **Ашық жүз**. *Жайдары, ақ жарқын.* **Ашық жүзді**. *Ақша бет, аққұба, жылы шырайлы.* **Ашық жүйе**. а) и н ф. <ағыл. open system> *Құрамды бөліктері тұлғалық немесе өндірістік стандарттарды қанағаттандыратын компьютерлік немесе жекелік жүйе.* ә) ф и л о с. *Басқа жүйелермен және сыртқы ортамен ұдайы өзара әрекеттестікте болатын жүйе түрі.* **Ашық кен**. г е о л. *Жер бетінде, жерге жақын орналасқан пайдалы қазба.* **Ашық кеуде.** *Батыл, өжет, қайсар.* **Ашық көзбен қарады**. *Іске оймен, ақылмен зер салды.* **Ашық көздеуіш**. ә с к. *Жер үстіндегі әртүрлі мақсаттарға байланысты ату құралдарындағы гранататқыштардағы көздеуге арналған құрал.* **Ашық кілт**. и н ф. <ағыл. public key> *Абонентке хабар жіберу үшін қабылдаушы абоненттегі адамға ғана белгілі сол абоненттің кілті.* **Ашық кітапхана**. и н ф. *Жазбаларды оқуға да, өзгертуге де (тіпті қосуға не жоюға) болатын кітапхана.* **Ашық қабақ**. *Жайдары, ақ көңіл, ақ жарқын.* **Ашық қайың**. ж е р г. *Аққөңіл, жайдары.* **Ашық қалдырды**. *Қорытынды жасамады, шешімге келмеді, аяқсыз қалдырды.* **Ашық қоғам**. с а я с и. *Сыртқы жағдайларға тез икемделіп, жылдам ыңғайланатын, өзара сынға ерік беретін демократияшыл қоғам.* **Ашық қолды.** *Қолындағысын бере салатын, қолы ашық.* **Ашық қолдылық.** *Өзінде бар-жоғына қарамай, қолындағысын бере салушылық.* **Ашық мойындады**. *Еш бүкпесіз, жасырмай айтты, еркін жариялады.* **Ашық мұхит.** *Мұхит айдыны, шетсіз-шексіз көлбеп жатқан мұхит. Ашық кеуде. Батыл, өжет, қайсар.* **Ашық мінез.** *Тұйық емес, жайдары.* **Ашық мінезді**. *Ақжарқын, аңқылдақ (адам).* **Ашық рай**. л и н г в. *Қимыл, іс-әрекет, үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірін білдіретін етістіктің рай түрі.* **Ашық сабақ**. п е д. *Басқа мұғалімдердің қатысуымен тәжірибелі мұғалімнің өткізетін сабағы.* **Ашық сауда-саттық**. э к о н. *Барлық тілек білдіруші фирмалар мен ұйымдар қатысатын халықаралық сауда-саттық.* **Ашық сот**. ю р и с п. *Жасырын, жабық емес сот.* **Ашық тұқымдылар**. б о т. <лат. gymnospermae> *Тұқымы мен тұқым бүрі жеміс жапырақшасының үстінде ашық жататын жоғары сатыдағы өсімдіктер тобы.* **Ашық файл**. и н ф. <ағыл. active file> *Файлды ашу операциясы орындалған нәтижесінде оның жазбаларын оқу мен өңдеуге қол жеткізілген файл.* **Ашық хат**. *Көпшілікке бағытталған, жария айтылған ой-пікір.* **Ашық шанышқақ.** ө с. <лат. pulsatilla patens> *Тастақ жерде, қарағайлы орманда, құрғақ шалғынды жерлерде өсетін дәрілік өсімдік.* **Ашық экономика**. э к о н. *Барлық заңды және жеке тұлғалар үшін тауар мен капитал рыногінде халықаралық операциялар жасауға шек қоймайтын ел экономикасы.*

**АШЫҚ=** е т. **1.** *Тамақтан тарығу, аштық күйге ұшырау, қарны ашу.* **2.** м е д. *Белгілі бір ауру түрлерін және ағзаны сауықтыру үшін 24, 36, 48 сағатқа тамақтан бас тарту, ас ішпеу.*

**АШЫҚАУЫЗ** с ы н. **1.** *Аузында сөз тұрмайтын.* **2.** *Аңқау, аңғал, сенгіш.*

**АШЫҚАУЫЗДЫҚ** з а т. *Аңқаулық, аңғалдық, сенгіштік.*

**АШЫҚ-ЖАЙДАҚ** с ы н. *Жан-жағы ашық, жабылмаған.*

**АШЫҚ-ЖАРҚЫН** с ы н. *Жайдары, көңілді; ақжарқын.*

**АШЫҚ-ЖАРҚЫНДЫҚ** з а т. *Жайдарылық, көңілділік.*

**АШЫҚ-ЖАРЫҚ** с ы н. **1**. *Жауын-шашынсыз, ашық (күн).* **2**. ж е р г. ***Ашық-жарқын***. // *Жарықта, қараңғы түспеген кезде.*

**АШЫҚКЕНІШ** з а т. г е о л. *Жердің үстіңгі қабатындағы кендерді, тастарды қазып алатын орын.*

**АШЫҚЛЫҚ** з а т. е с к і к і т. ф о л ь к. ***Ғашықтық.***

**АШЫҚ-МАШЫҚ** з а т. ж е р г. ***Топса***.

**АШЫҚТАН-АШЫҚ** ү с т. *Көпе-көрнеу, әйгілі түрде; еш нәрсені бүкпей, жасырмай.*

**АШЫҚ-ТЕСІК** с ы н. *Жыртық, тозған; бүтін емес.*

**АШЫҚТЫҚ**[1] з а т. **1.** *Бұлтсыздық, жауын-шашынсыздық.* **2.** а у ы с. *Тыныштық, бейбітшілік.* **3**. а у ы с. *Айқындылық, анықтылық.* **4.** а у ы с. *Салдырлаған, бүкпесіз, арамдығы жоқ мінез сипаты.*

**АШЫҚТЫҚ**[2] з а т. э к о н. *Түрлі дәрежедегі ішкі, сыртқы қоғамдық-саяси, экономикалық қарым-қатынасқа дайын болушылық.*

**АШЫҚТЫҚ**[3] з а т. е с к і к і т. ф о л ь к. ***Ғашықтық***.

**Ашықтық хат**. е с к і к і т. ф о л ь к. *Ынтықтық, ғашықтық сезімдер туралы жазылған хат.*

**АШЫҚТЫР=** е т. **1.** с а я т. *Қыран құсты үйретуде жем бермеу, аш қалдыру.* **2.** *Малды бауыздар, қырқар т.б. алдында жемсіз, қорада қамап ұстау.*

**АШЫҚТЫРУ** *Ашықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫҚТЫРЫЛ=** е т. *Малды, қыран құстарды сояр, қырқар алдында жемсіз, шөпсіз ұстау, қамау.*

**АШЫҚТЫРЫЛУ** *Ашықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫҚХАТ** з а т. б а с п а. *Құттықтау, шақыру т.б. елеулі шаралар мен мерекелерге қатысты өз тілектерін білдіруге арналған әсемделген баспа өнімі.*

**АШЫҚ-ШАШЫҚ** с ы н. *Ашылған, шашылған; бейберекет.*

**АШЫЛ**[1]**=** е т. **1**. *Айқарылу, ашық, жамылусыз қалу.* **2**. а у ы с. *Жаңадан ұйымдастырылу, құрылу, басталу.* **3**. а у ы с. *Белгілі болу, анықталу.* **4.** а у ы с. *Ақтарылу, шешіліп сөйлеу.* **5.** а у ы с. *Шынығу, ысылу, шыңдала түсу.*

**АШЫЛ**[2]**=** е т. *Кірі кету, тазару.*

**АШЫЛАР-АШЫЛМАСТАН** ү с т. *Толық ашылмай жатып.*

**АШЫЛМАҒАНДЫҚ** з а т. *Ұяңдық, тұйықтық, бұйығылық.*

**АШЫЛМАЛЫ-ЖАБЫЛМАЛЫ** с ы н. *Ашылып-жабылатын.*

**АШЫЛМАСТАЙ** с ы н. **1.** *Кірі кетпейтіндей, дағы жойылмайтындай.* **2.** а у ы с. *Айықпастай, құтылмастай.*

**АШЫЛУ** *Ашыл етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ашық қалу, айқарылу, жабылмау.* **2**. а у ы с. *Жаңадан басталу, ұйымдастырылу, құрылу.* **3**. а у ы с. *Белгілі болу, анықталу.*

**Ашылу салтанаты.** қ о ғ. *Белгілі бір мәдени, қоғамдық шараның басталуын білдіретін салтанатты жиылыс.*

**АШЫЛУЛЫ** с ы н. *Ашылған, ашық күйінде.*

**АШЫЛУСЫЗ** с ы н. *Ашылмаған, жабық.*

**АШЫЛЫМ** з а т. г е о л. *Түп тау жыныстары жер бетіне шыққан жер.*

**АШЫЛЫП-ЖАБЫЛ**= е т. *Біресе ашылып, біресе жабылу.*

**АШЫЛЫП-ЖАБЫЛУ** *Ашылып-жабыл етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫЛЫП-ЖҰМЫЛ=** е т. *Біресе ашылып, біресе жұмылу.*

**АШЫЛЫП-ЖҰМЫЛУ** *Ашылып-жұмыл етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫЛЫП-ШАШЫЛ=** е т. **1**. *Ашық-шашық, жалаңаштанып қалу.* **2.** *Шашылу, ақтарылу, ретсіз жату.* **3**. с ө й л. *Шығындалу, бар жинағанын шашу.*

**АШЫЛЫС** з а т. *Ашылу салтанаты.*

**АШЫЛЫС=** е т. *Ішкі ойды, сырды ақтарысу, ашық сөйлесу.*

**АШЫЛЫСУ** *Ашылыс етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫМА** з а т. с ө й л. ***Ашымал***.

**АШЫМАҚ**[1] с ы н. с ө й л. ***Ащы***.

**АШЫМАҚ**[2] з а т. с ө й л. ***Ашымал***.

**АШЫМАЛ**[1] з а т. т а м а қ. **1**. э т н. *Сүт қосып, бидайдан не басқа дақылдан қайнатып жасалған көже; аздап күшала қосып ашытқан сусын.* **2.** *Әлсіз алкогольді ішімдік, спирт өндірісінің шикізаты.*

**АШЫМЫҚ**[1] з а т. с ө й л. ***Ашымал*** *(әлсіз алкогольді ішімдік өндірісінің шикізаты).*

**АШЫМЫҚ**[2] з а т. ө с. с ө й л. ***Кекіре***

**АШЫН=** е т. **1**. *Ашу кернеу, ызалану.* **2**. *Күйіну, күйзелу.*

**АШЫНА** [ир. آشنا] з а т. **1**. *Тамыр-таныс, сырлас; дос.* **2**. *Көңілдес, ғашық.*

**Ашына болды.** а) *Бір-бірімен көңілдес болды, ғашық болды.* ә) *Етене араласты, достасты.* б) *Қызықты, құмартты.*

**АШЫНА-ЖАЙ** з а т. **1**. *Таныс, сырлас адам.* **2**. *Көңілдес, ғашық адам.*

**Ашына-жай болды.** *Ым-жымы бір, сырлас, тамыр болды.*

**АШЫНА-ЖАЙЛЫҚ** з а т. *Көңілдестік, ғашықтық.*

**АШЫНАЛАС=** е т. *Көңілдес болу.*

**АШЫНАЛАСУ** *Ашыналас етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫНАЛЫҚ** з а т. *Көңілдестік, ғашықтық, жақындық.*

**АШЫНДЫҚ** з а т. ***Ашыналық***.

**АШЫНДЫР=** е т. **1**. *Ызаландыру, ашуын тудыру.* **2**. а у ы с. *Шырықтыру, ширату, ысылдыру.*

**АШЫНДЫРУ** *Ашындыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫНТ=** е т. **1**. *Ашу кернету, ызаландыру.* **2**. а у ы с. *Тебірентіп, күңіренту.*

**АШЫНТУ** *Ашынт етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫНУ** *Ашын етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ызалану, ашулану.* **2**. *Күңірену, тебірену.* **3**. *Наразы болу, қарсылық білдіру.*

**АШЫНУЛЫ** сын. *Ызалы, ашулы.*

**АШЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Ызаланушылық, ашу кернеушілік.*

**АШЫҢҚЫ**[1] сын. *Сәл ашыған.*

**АШЫП-АРЫП** үст. **1**. *Қарны ашып, жадап-жүдеп.* **2**. *Бейнеттеніп, шаршап-шалдығып.*

**АШЫП-ЖАБУ** *Ашып-жап етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫП-ЖАП=** ет. *Біресе ашу, біресе жабу.*

**АШЫП-ЖАРЫП** үст. *Анықтап, айқындап, дәл.*

**АШЫП-ЖҰМ=** ет. *Біресе ашу, біресе жұму.*

**АШЫП-ЖҰМУ** *Ашып-жұм етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫП-ШАШ=** ет. *Ашып тастау, шашу.*

**АШЫП-ШАШУ** *Ашып-шаш етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫП-ШАШЫП** үст. *Қалай болса солай, бей-берекет.*

**АШЫР=** ет. сөйл. ***Аштыр.***

**АШЫРҚАН=** ет. **1**. *Тамақтың ащылығын, қышқылдығын сезіну.* **2**. ауыс. *Ұнатпау, жақтырмау.*

**АШЫРҚАНДЫР=** ет. *Тамақтың ащылығын сезіндіру.*

**АШЫРҚАНДЫРУ** *Ашырқандыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫРҚАНТ=** ет. *Тамақтың ащылығын, қышқылдығын сезінту.*

**АШЫРҚАНУ** *Ашырқан етістігінің қимыл атауы; ұнатпау, жақтырмау.*

**АШЫРУ** сөйл. *Ашыр етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫС=** ет. *Бірге ашу, бірге табу, іздеу.*

**АШЫСУ** *Ашыс етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫТ**[1]**=** ет. *Тызылдату, дуылдату.*

**АШЫТ**[2]**=** ет. хим. *Ашытқыдағы микроағзалардың көмегімен органикалық заттарды ыдырату; бықырту, бұжыту.*

**АШЫТҚЫ** зат. тамақ. **1**. *Нан ашытуға пайдаланылатын, ашыту қасиеті бар қамыр.* **2**. *Нан пісіру үшін ұн езіп ашытқан, беті алынбаған сүт.* **3**. терм. *Құрамында микроскопиялық саңырауқұлақтар бар өндірістік зат.* **4**. ауыс. *Ұйытқы, ұйымдастырушы.*

**Ашытқы қамыр**. тамақ. *Ұнға ашытқы ерітіндісі мен су қосып иленіп, ашытылған қамыр.* **Ашытқы саңырауқұлақ**. өс. <лат. saccharomyceataceae> *Ашыту қасиеті бар саңырауқұлақ.*

**АШЫТҚЫЛА=** ет. *Ашытқы қосу, ашыту.*

**АШЫТҚЫЛАН=** ет. *Ашытқы қосылу, ашытылу.*

**АШЫТҚЫЛАНУ** *Ашытқылан етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫТҚЫЛАУ** *Ашытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫТҚЫЛЫҚ** сын. *Ашытқыға жарарлық, ашытқы боларлық.*

**АШЫТҚЫШ**[1] зат. тамақ. сөйл. ***Ашытқы.***

**Ашытқыш микроб**. хим. *Ашытатын, қышқылдандыратын микроб.*

**АШЫТҚЫШ**[2] сын. *Дуылдатқыш, тызылдатқыш.*

**АШЫТПА** зат. сөйл. ***Ашытқы.***

**Ашытпа көже**. сөйл. *Ашытылған көже.*

**АШЫТПАЛЫ** сын. *Ашытқы қосылған, ашытылған.*

**АШЫТУ** *Ашыт етістігінің қимыл атауы.*

**АШЫТУШЫ** зат. *Ашытатын, ашытқы қосушы.*

**АШЫТЫЛ=** ет. хим. *Ашытқыдағы микроағзалардың көмегімен органикалық заттардың ыдыратылуы, бықыртылуы, бұжытылуы.*

**Ашытылған сүт өнімдері**. тамақ. *Сүтті не оның өнімдерін (қаймақ, майсыздандырылған сүт, сарысу) өзін ашытып не ашытқылармен ашытып өндірілген өнімдер.*

**АШЫТЫЛУ** *Ашытыл етістігінің қимыл атауы.*

**АШІШЕК** зат. анат. <лат. jejunum> *Ас қорыту органдарының бірі, ұзындығы 5–6 метрдей ішек (қарсы мағынасы – тоқішек).*

**АШІШЕКТЕЙ** сын. **1**. *Ашішек сияқты, ашішек тәрізді.* **2**. ауыс. *Ұзын, шұбатылған.*

**АШІШЕКШЕ** үст. *Ашішекке ұқсап, ашішек тәрізді.*

**АЩЫ**[1] зат. өс. сөйл. ***Ащышөп.***

**АЩЫ**[2] сын. **1**. *Тұщы емес, тұзды, сор дәмі бар. // Сортаңды, ащылы жерге өсетін шөп.* **2**. *Ауызды, тілді дуылдататын, тәтті емес.* **3**. *Қою қара (шай туралы).* **4**. ауыс. *Уытты, зәрлі, өткір; әсері күшті.* **5**. ауыс. *Дауысы қатты, құлақ тұндыратын, үні күшті.* **6**. ауыс. *Қиын, ауыр, азапты.* **7**. ауыс. *Қарсы, араз, жау, қырғиқабақ.*

**Ащы айқай.** *Жағымсыз шыңғырған дауыс, үрейлі, зарлы үн.* **Ащы бадам**. өс. <лат. amygdalus> *Раушангүлділер тұқымдастарына жататын жемісті ағаштар мен бұталар.* **Ащы баймана**. өс. <лат. cardamine amara> *Баймана өсімдігінің көпжылдық түрі.* **Ащы бұрыш.** сөйл. ***Қызыл бұрыш.*** **Ащы дауыс.** а) *Құлақ жарғандай қатты, шыңғырған үн.* ә) *Дауысты қатты шығарып әндету.* б) *Зарлы үн.* **Ащы дауысты.** *Даусы құлақ жарғандай.* **Ащы дәм**. *Қиыншылық, қиындық, ауыртпалық.* **Ащы жас**. поэт. *Қайғыға толы, мұңлы күйдегі жас.* **Ащы жыр.** поэт. *Шындықты бетке өлең сөзбен айтылған көркем шығарма.* **Ащы зар [шер]**. *Ауыр, қайғылы, мұңды зар, шер.* **Ащы иіс**. *Өткір, уытты, танауды ашытатындай иіс.* **Ащы кекесін**. *Өткір, зілді, әжуалы, мысқылды кекесін.* **Ащы күлкі**. *Кекесінді, әжуалы, мысқылды күлкі.* **Ащы қасірет**. *Ауыр, азапты, шерлі қайғы, уайым.* **Ащы құрт**. этн. *Тұздалған сүзбеден жасалып, кептірілген қазақтың сүт тағамы.* **Ащы мысқыл**. *Өткір, жанға бататын мысқыл.* **Ащы ой**. *Ауыр, зілді ой.* **Ащы өксік**. *Зарлы, қайғылы, қасіретке толы өксік.* **Ащы өкініш**. *Ауыр, зарлы, күйікке толы өкініш.* **Ащы сөз**. *Жер-жебіріне жеткізе, қатты айтылған сөз, ызалы сөз, қатты айтылған кейіс сөз.* **Ащы су [сусын]**. сөйл. эвф. *Арақ, ішімдік.* **Ащы сын**. *Бетке айтушылық, қатты сынға алушылық.* **Ащы сыр**. *Мұңлы, шерлі сыр.* **Ащы таяқ**. *Қатты сабау, аямай ұру әрекеті.* **Ащы тер**. *Қатты қиналған жұмыс, артық жұмсалған еңбек күші мағынасында.* **Ащы терді құрғатпады**. *Тыным бермей қинады, дамыл таптырмады.* **Ащы терін алды**. а) *Терлету арқылы арғымақты баптады.* ә) *Әбден қинады, азаптады.* **Ащы терін алдырды**. *Әбден қинады, азаптады.* **Ащы тері шықты [төгілді]**. *Қатты қиналды, қиналып әрекет етті.* **Ащы толғақ**. *Ауыр, жанға батқан толғақ.* **Ащы тұздық**. тамақ. <франц. sause> *Тағамның дәмін келтіретін сұйық дәмдеуіш.* **Ащы тұнба**. мед. *Өсімдіктерді суда тұндырып алынатын сұйық дәрі.* **Ащы тіл**. а) *Өткір тіл.* ә) *Шайпау тіл.* б) *Былапыт сөз, боқтық.* **Ащы тілділік**. *Өткір сыншылдық.* **Ащы тілін суғып [суғып-суғып] алды**. *Кекетті, сынады, кекесінді өткір сөзбен түйреді.* **Ащы шындық**. *Жанға батар ақиқат.*

**АЩЫ: ащы ішек.** сөйл. ***Ашішек.***

**Ащы ішектей [ішекше] шұбатылды**. а) *Уақыттың жай өтуі туралы.* ә) *Нәрсенің ұзындығы, ұзыннан-ұзақ екені туралы.* **Ащы ішектей шұбатып.** *Үздік-создық, көп, көбейтіп.*

**АЩЫЛА=** ет. **1.** *Тұзды, қышқыл тамақ жегісі келу, ашырқану.* **2**. малшар. *Ащы шөпке жаю, тұз жалау.* **3**. ауыс. *Ұрсу, зеку.*

**АЩЫЛАН=** ет. *Суы ащы болу, тұздану.*

**АЩЫЛАНДЫР=** ет. *Ащыға айналдыру, тұздандыру.*

**АЩЫЛАНДЫРУ** *Ащыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫЛАНУ** *Ащылан етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫЛАС=** ет. сөйл. ауыс. *Қарсыласу, араздасу.*

**АЩЫЛАСУ** сөйл. *Ащылас етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫЛАТ=** ет. *Малды ащы шөпке жаю, тұз беру.*

**АЩЫЛАТУ** *Ащылат етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫЛАУ** *Ащыла етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫЛАУЫТ**[1] сын. *Ащылы, сортаң (жер).*

**АЩЫЛАУЫТ**[2] зат. өс. сөйл. ***Сорақ.***

**АЩЫЛЫ** сын. **1**. *Ащы, ащысы бар.* **2**. *Сортаң, тұзды (жер).* **3**. ауыс. *Қиын, ауыр, азапты (өмір).*

**АЩЫЛЫҚ** зат. **1**. *Тұздылық, сортаңдық.* **2**. ауыс. *Қиыншылық, ауыртпалық, азап.*

**АЩЫЛЫ-ТҰЩЫЛЫ** сын. **1**. *Ащы-тұщысы аралас.* **2**. ауыс. *Жақсылы-жаманды (өмір).*

**АЩЫОТ** зат. малшар. *Құрамында малдың қорегі, малдың дұрыс жайылуы үшін бағалы заттары мол, ащы кермек өсімдіктер.*

**АЩЫСУ** зат. геогр. *Суы тұзды суқоймалар, соның суы.*

**АЩЫСЫН=** ет. *Ащы санау, ашырқану.*

**АЩЫСЫНУ** *Ащысын етістігінің қимыл атауы.*

**АЩЫТАМЫР** зат. өс. <лат. selinum> *Шатырша гүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**АЩЫ-ТӘТТІ** зат. сөйл. *Қуанышы мен қайғысы.*

**АЩЫ-ТҰЩЫ** сын. *Ащы және тұщы (тағам, ас).*

**АЭРАЦИЯ** [грек. aer] зат. хим. ***Аэраттау*** *(өндіріс ғимараттарындағы ауаның ішкі және сыртқы ауа тығыздықтарының айырмашылығы арқылы табиғи алмасуы).*

**Аэрация аймағы**. хим. *Жер қыртысының беті мен су айнасы арасындағы жоғарғы қабат.*

**АЭРОАЛАҢ** зат. ***Аэродром.***

**АЭРОӘДІС** зат. терм. *Ұшу аппараттары арқылы жер бетіндегі процестерді бақылау әдісі.*

**АЭРОБИКА** [ағыл. aerobics] зат. *Музыка әуенімен орындалатын ырғақты би түріндегі, денсаулыққа пайдалы гимнастика.*

**АЭРОБИКАЛЫҚ** сын. *Аэробикаға тән, аэробикаға қатысты.*

**АЭРОБИОС** [грек. aer - ауа, bios- тіршілік] зат. биол. *Құрғақта мекендейтін ағзалардың жалпы атауы.*

**АЭРОБТАР** [грек. aer – ауа, bios – тіршілік] зат. биол. *Молекулалық бос оттек бар ортада тіршілік етіп, дами алатын ағзалар.*

**АЭРОБУС** [ағыл. airbus] зат. көлік. *Көпжолаушылар тасымалдауға арналған кең фюзеляжді ұшақ, әуе автобусы.*

**АЭРОВОКЗАЛ** [грек. aer – ауа, ағыл. vauxhall – көңіл көтеру орны] зат. *Әуе жолымен қатынас жасайтын жолаушыларға қызмет көрсететін орын; әуежай вокзалы.*

**АЭРОГЕНДІ** сын. мед. *Ауадан болатын, ауа арқылы тарайтын.*

**АЭРОГРАФИЯ** зат. тех. *Аэрографтың*

*және пульверизатордың көмегімен қағаз, мата бетіндегі суретке бояу шашу тәсілі.*

**АЭРОГРИЛЬ** зат. тех. *Ыстық ауа ағымымен тамақ пісіретін, қапталдары мөлдір шыныдай үлкен ыдыс түріндегі асханалық электр аспап.*

**АЭРОИОНОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Ағзаға тері немесе дем алу жолдары арқылы әсер ететін электр зарядталған бөлшектердің аэрозолі және газ сияқты заты бар иондалған ауамен емдеу түрі.*

**АЭРОГЕОФИЗИКА** зат. геол. *Ұшаққа орнатылған аспаптар арқылы жер қыртысын суретке түсіру, зерттеу, кенорындарын іздеу және барлаумен айналысатын сала.*

**АЭРОГЕОФИЗИКАЛЫҚ** сын. *Аэрогеофизикаға тән, аэрогеофизикаға қатысты.*

**Аэрогеофизикалық тәсіл**. геол. *Ұшаққа орнатылған аспаптар арқылы жер қыртысын суретке түсіру, зерттеу, кенорындарын іздеу және барлауға қатысты геофизикалық тәсілдердің арнаулы түрі.*

**АЭРОГРАФ** [грек. aer – ауа, grapho – жазамын] зат. тех. *Сығылған ауаның жәрдемімен сыр-бояуларды тозаңдатып шашуға арналған аспап.*

**АЭРОҒАРЫШ** зат. авиац. *Ғарышқа ұшу әдіс-тәсілдерінің теориясы мен практикасы.*

**АЭРОҒАРЫШТЫҚ** сын. *Аэроғарышқа тән, аэроғарышқа қатысты.*

**АЭРОДИНАМИКА** [грек. aer – ауа, dynamis – күш] зат. авиац. *Гидроаэродинамиканың ауа (газ) қозғалыс заңдарын және онда қозғалатын денелердің бетіне әсер ететін күштерді зерттейтін бөлімі.*

**АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ** сын. *Аэродинамикаға тән, аэродинамикаға қатысты.*

**Аэродинамикалық күш**. физ. *Ауада қозғалатын денелердің бетіне әсер ететін күш.*

**АЭРОДРОМ** [грек. aer – ауа, dromos – жүгіру] зат. авиац. **1**. *Ұшу аппараттарын ұшыру, қондыру, тоқтап тұруына арналған қызмет көрсету үшін қажетті құрал-жабдықтары бар алаң.* **2**. сөйл. ***Аэровокзал***. **3**. ауыс. *Кең, жазық алаң, байтақ жер.*

**Аэродром ауданы**. авиац. *Қатынас жолдары және байланыс құралдары арқылы өзара байланысқан бірнеше аэродром тораптарының жиынтығы.* **Аэродром торабы**. авиац. *Авиациялық құрамаларды орналастыруға арналған аэродромдар тобы.*

**АЭРОЗОЛЬ** [грек. aer – ауа, sol – ерітінді] зат. **1**. хим. *Көбінесе түзілуі зиянды болып табылатын газды ортада (ауада ) қалықтаған сұйық не қатты бөлшектерден тұратын дисперстік жүйелер.* **2**. мед. *Қатты қысыммен арнайы ыдысқа жиналған, басында шашқышы бар, дәрілік, химиялық, косметикалық сұйық зат.*

**Аэрозоль баллоны**. хим. *Жануарларға арналған жайларда, жылы жайларда, тұрғын және тұрғын емес жайларда зиянды насекомдармен, кенемен күресу үшін қолданылатын баллон.*

**АЭРОЗОЛЬДІ** сын. хим. *Аэрозолі бар, аэрозоль араласқан.*

**Аэрозольді суармалау**. сушар. *Кіші дисперсиялық (шашыратып) суармалау; жер бетіндегі ауа қабатын тым ұсақ су тамшыларымен (диаметр 0,5 мм) жаңбырлатып ылғандандыру.*

**АЭРОЗОЛЬДІК** сын. хим. *Аэрозоль үшін қажетті.*

**АЭРОКЛИМАТОЛОГИЯ** зат. метеор. *Атмосфераның төменгі және ортаңғы қабаттарының ауа райы туралы ғылым.*

**АЭРОКЛУБ** зат. авиац. *Авиация өнерін үйренетін, онымен шұғылданатын адамдарға арналған клуб.*

**АЭРОЛОГ** зат. метеор. *Жер атмосферасындағы физикалық құбылыстар мен процестерді зерттейтін маман.*

**АЭРОЛОГИЯ** [грек. aer – ауа, logos – ілім] зат. астр. *Жер атмосферасындағы физикалық құбылыстар мен процестердің үстіңгі жағын зерттейтін ғылыми-тәжірибелік сала, метеорологияның бір бөлігі.*

**АЭРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Аэрологияға қатысты, аэрологияға тән.*

**АЭРОМАГНИТОМЕТР** зат. тех. *Ұшатын аппараттар арқылы жердің магнит өрісін өлшейтін аспап.*

**АЭРОМАГНИТТІК** зат. физ. *Жердің магнит өрісін ауада зерттеуге қатысты.*

**АЭРОМАЯК** зат. авиац. *Әуе кеңістігіндегі ұшқыштарға жол көрсету үшін жасалған мұнара шам.*

**АЭРОМЕКТЕП** зат. авиац. *Ұшу өнерін үйрететін мектеп.*

**АЭРОМЕХАНИКА** зат. физ. *Газдың қозғалысын және оның батырылған денелерге механикалық әсерін зерттейтін механика бөлімі.*

**АЭРОН** [грек. aer] зат. **1.** метал. *Ұшақ жасауда және техниканың басқа салаларында қолданылатын алюминийдің жез, кремниймен қосылған жеңіл қорытпасы.* **2.** мед. *Құсуға қарсы дәрі.*

**АЭРОНАВИГАЦИЯ** [грек. aer – ауа, лат. navigatio – кемемен жүзу] зат. авиац. *Бағытын, биіктігін және ұшудың уақытын санай отырып ұшу аппараттарын басқару.*

**АЭРОНАВИГАЦИЯЛЫҚ** сын. *Аэронавигацияға тән, аэронавигацияға қатысты.*

**АЭРОНАВТ** [грек. aer – ауа, nautes – жүзуші] зат. авиац. *Әуеде ұшушы.*

**АЭРОНАВТИКА** [грек. aer – ауа, франц. nautike – жүзу] зат. авиац. *Салмағы ауадан жеңіл ұшу аппараттарының әуеде ұшу теориясы мен практикасы.*

**АЭРОНАМИЯ** [грек. aer – ауа, nomos – заң] зат. хим. *Атмосфераның жоғарғы қабаттарында, әсіресе ионосфера мен экзосферада болып жататын физикалық және химиялық құбылыстар туралы ілім.*

**АЭРОПЛАН** [грек. aer – ауа, лат. planus – жазықтық] зат. авиац. *Әуеге көтерілуге жағдай жасайтын қанаты бар ауадан ауыр ұшу аппараты, ұшақтың алғашқы жетілмеген көне түрі.*

**АЭРОПОНИКА** [грек. aer – ауа, ponos – жұмыс] зат. биол. *Өсімдіктерді топырақсыз, ылғалдылығы жоғары ауада өсіру тәсілі.*

**АЭРОПОРТ** [грек. aer – ауа, port] зат. авиац. ***Әуежай***.

**АЭРОСТАТ** [грек. aer – ауа, statos – тік тұрған] зат. әск. *Ауадан гөрі жеңіл газбен толтырылып, әуе кеңістігіне ұшырылатын аппарат.*

**АЭРОСТАТИКА** [грек. aer – ауа, stats – орнықты тұрған, қозғалмайтын] зат. физ. *Газ тәрізді ортаның тепе-теңдігін және оның ішінде қозғалған денеге тигізетін әсерін зерттейтін гидроаэромеханиканың бір бөлімі.*

**АЭРОСУРЕТ** зат. *Әуеде суретке түсіру жолымен алынған жердің бейнесі.*

**АЭРОТАКСИС** [грек. aer – ауа, taxis – ретіне қарай орналастыру] зат. биол. *Дара жасушалы және кейбір күрделі жасушалы ағзалардың оттегіге қарай немесе оттегіден кері жылжитын таксис бір түрі.*

**АЭРОТАНК** зат. тех. *Ағын суларды биологиялық тазалау үшін құрылған жай.*

**АЭРОТЕРАПИЯ** [грек. aer – ауа, therapeia – күтім, ем] зат. мед. *Таза ауаның емдік әсерін пайдалану әдісі.*

**АЭРОТҮСІРУ** зат. геогр. *Әуе кеңістігінде жүріп, жер бетін суретке түсіру әдісі.*

**АЭРОФИЛЬТР** зат. биол. *Аэрация кезінде ағын суларды тазалау үшін арналған биологиялық сүзгі.*

**АЭРОФИТ** зат. биол. *Тіршілігіне қажетті қоректік заттарды ауадан алатын өсімдіктер.*

**АЭРОФЛОТ** зат. авиац. *Авиациямен айналысатын ірі бірлестік, ұйым.*

**АЭРОФОТОАППАРАТ** зат. авиац. *Жер бетін ұшақтан, тікұшақтан т.б. фотоға түсіруге арналған аппарат.*

**АЭРОФОТОТОПОГРАФИЯ** зат. авиац. *Аэросуреттер бойынша топографиялық карта жасаудың әдістерін зерттейтін ғылым.*

**АЭРОФОТОТҮСІРІМ** зат. авиац. *Ұшақтан немесе басқа да ұшатын аппараттардан жер бетінің фотографиялық бейнесін алу үшін жасалатын жұмыстардың жиынтығы.*

**АЭРОШАНА** зат. авиац. *Ауа винтінің көмегімен жүретін механикалық шана.*

**АЭТА** зат. *Малая-Полинезия тектес тілдердің әртүрлі диалектілерінде сөйлейтін Филиппин аралдарының байырғы халқы.*

**АЮ** зат. зоол. <лат. ursidae> **1.** *Денесі үлкен, үстін қалың жүн басқан, қысқа аяқты, бәрін жейтін сүтқоректі ірі жыртқыш аң. // Ебедейсіз зор денелі, еңгезердей.* **2.** *Ірі денелі, қолапайсыз адам.* **3.** экон. *Валюталарды, бағалы қағаздарды тауарлар бағасымен төмендету үшін айла жасайтын биржалық алыпсатар*

**Аюдың өтіндей**. миф. *Ескі наным бойынша тотемдік аңның бірі ретіндегі аюдың өтін сақтау ырымына байланысты қалыптасқан тіркес.* **Аю қатын [бәйбіше, келін]**. *Денесі зор, мінезі дөрекі, ұрысқақ әйел.*

**АЮАН** зат. жерг. *Көлеңке болу үшін үйге жалғастыра салынған үш қабырғасы бар, төбесі жабық, сая жер.*

**АЮБАДАМ** зат. өс. <лат. samducus> *Қара немесе қызыл жемісі бар бөріжидек тұқымдасына жататын бұта немесе аласа ағаш.*

**АЮБАЛДЫРҒАН** зат. өс. <лат. archangelica> *Жас сабағы (собығы) жеуге жарайтын, балдырған сияқты, ірі жапырақты өсімдік.*

**АЮБАСҚЫ** зат. *Аю аулаудағы сирек қолданылатын амал-тәсіл.*

**АББАСТІКЕН** зат. өс. ***Лақса***.

**АЮБҮЛДІРГЕН** зат. өс. ***Аюжидек.***

**АЮДАЙ** сын. **1.** *Аю секілді, аю тәрізді.* **2.** ауыс. *Ызбарлы, сұсты, қаһарлы.* **3.** ауыс. *Үлкен, ірі, сойдиған, ебедейсіз, дөрекі.*

**Аюдай ақырды**. *Қаһарланып ашу шақырды, айқай салды.* **Аюдай алысты**. *Аю секілді алысты, қарсыласты, күш бермеді.* **Аюдай тырнақ**. *Сойдиған, соядай ұзын тырнақ.*

**АЮДАЙЫН** сын. фольк. ***Аюдай***.

**АЮДӘН** зат. өс. *Сүттігінің бір түрі, таулы жерде өсетін сүтті, улы өсімдік.*

**АЮДӘРІ** зат. өс. *Альпілік, субальпілік шалғындарда, өзен жағалауларындағы тас тақты жерлерде өсетін, биіктігі 20-100 (180) см-дей, сабағы жіңішке, сидам (бұтақтанбаған), жапырақтары қауырсын тәрізді, тілімделген, гүлшоғыры – себет, күлтесінің түсі күлгін, қызыл көк.*

**АЮЖАҢҒАҚ** зат. өс. сөйл. ***Шаттауық.***

**АЮЖИДЕК** зат. өс. сөйл. *Биіктігі 1 м-ге дейін жететін, сабағы бұтақты, жапырақтары ұсақ, формасы жағынан алмұртқа ұқсас, гүлі - ақшыл қызғылт, жемісі қызыл түсті, домалақ, мәңгі жасыл бұта.*

**АЮЖҮН** зат. өс. *Таулы жерлерде өсетін, пүліш тәрізді, аласа майда шөп.*

**Аюжүн бетеге**. өс. *Бетегенің қалың, ұйыса өскен сарғыш жасыл аласа түрі.*

**АЮЖҮНДІ** сын. *Аюжүн өскен, аюжүні бар (жер).*

**АЮЖЫЛАН** зат. зоол. жерг. *Үлкен, ұлы жылан.*

**АЮҚАРАҚАТ** зат. өс. сөйл. ***Қарлыған.***

**АЮҚАТ** зат. өс. сөйл. ***Сужидек.***

**АЮҚУРАЙ** зат. өс. *Ұзындығы 4–5 метр болып орманды алқаптарда өсетін ірі қурай.*

**АЮҚҰЛАҚ** зат. өс. <лат. verbascum> *Сабынкөктер тұқымдасына жататын бір, екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**АЮЛЫҚ** зат. бейн. *Дөкірлік, тұрпайылық, аюға тән қасиет.*

**АЮОТЫ** зат. бот. сөйл. ***Бәрпі.***

**АЮСЫ=** ет. *Айбаттану, қаһарлану, аю сияқтану.*

**АЮТАБАН** зат. өс. <лат. ranumculus> *Арамшөптер туысына жататын сарғыш гүлді, улы шөп.*

**АЮША** үст. *Аюға ұқсап, аю сияқтанып.*

**АЯ**[1] зат. *Алақанның шұқыры.*

**Ая толым**. а) *Бір уыс мөлшеріндей болатын халықтық өлшем.* ә) *Көңіл толмайтындай, мөлшері тым аз.*

**АЯ**[2] зат. **1**. *Аумақ, көлем, мөлшер, кемер.* **2**. *Қойнау, баурай.* **3**. *Сая, пана.* **4**. *Ауқым, шеңбер.* **5**. ауыс. *Қамқорлық, тәрбие.* **6**. ауыс. *Әсер, ықпал.*

**Аясына алды**. *Бауырына қысты; қамқорлық етті.*

**АЯ**[3] зат. *Есе, мәрте.*

**АЯ=** ет. **1**. *Біреуге жаны ашу, есіркеу, мүсіркеу.* **2**. *Бүркемелеу, қорғаштау.* **3**. *Көңіліне қарау, жалтақтау.* **4**. *Рақым ету.* **5**. *Бір нәрсені қимау, іштарлық ету.*

**Аямасқа бекіді.** *Көңіліне қарамауға, аяушылық көрсетпеуге бел буды.*

**АЯБАҚ** зат. поэт. *Саялы, жайлы мекен, орта.*

**АЯБОЗ** сын. *Борпылдақ, бос, жұмсақ.*

**АЯҒАНСУ** *Аяғансы етістігінің қимыл атауы.*

**АЯҒАНСЫ=** ет. *Жаны ашығансу, есіркегенсу, мүсіркегенсу.*

**АЯҒЫНДА** үст. *Ақырында, соңында.*

**АЯҒЫШ** сын. *Жаны ашығыш, мүсіркегіш (адам).*

**АЯҒЫШТЫҚ** зат. *Жаны ашығыштық, мүсіркегіштік (қасиет).*

**АЯДАЙ** сын. *Кішкентай ғана, шағын, тар.*

**Аядай ел**. *Азғана, шағын ел, жұрт.* **Аядай жер**. *Ауқымы тар, кішкентай жер.*

**АЯЗ** зат. **1**. *Температура 0-ден әлдеқайда төмендегенде болатын қыстыгүні ызғарлы суық.* **2**. ауыс. *Қаталдық, салқындық.* **3**. ауыс. *Қиыншылық, ауыртпашылық.* **4**. ауыс. *Айбар, айбын, қаһар. // Қаһарлы, салқын, қаһар.*

**Аяз бүрді**. *Күн қатты суытып, қақады.* **Аяз бүрікті**. поэт. *Суық, ызғарлы леп соқты.* **Аяздың зәрі сынды**. *Күн жылынды, аяздың ызғары қайтты.* **Аяз қарыды**. а) *Қатты суыққа тоңды.* ә) *Өмірдің қиыншылығын көрді, ауыртпалығын көтерді.* **Аяз қысты**. *Қатты аяз тұрды.* **Аяз өтті**. а) *Тоңды, қатты мұздады.* ә) *Тоңазыды, ішке суық кірді.* **Аяз сорды**. *Аязға тоңды, аяз қарыды.* **Аяз сүйді**. бейн. *Аяз қарыды, аяз шымшыды.* **Аяз сынды**. *Күн еппен жылынды, суықтың беті қайтты.*

**АЯЗАТА** зат. миф. *Ақ сақалды, үстін ақ қармен қырау басқан, жаңа жыл мейрамына шақырылатын шал кейіпті ертегі кейіпкері.*

**АЯЗ-БОРАН** зат. *Қақаған суық, ақ түтек аяз.*

**АЯЗДА=** ет. **1**. *Тоңу, мұздау, қату, тоңазу.* **2.** *Қыраулану, қырау басу.*

**АЯЗДАЙ** сын. **1.** *Аяз сияқты, аяз тәрізді.* **2.** ауыс. *Ызғарлы, қаһарлы.*

**Аяздай қысты**. *Қатыгездік танытты, қинады.*

**АЯЗДАН=** ет. **1.** *Мұздау, қату, тоңазу.* **2.** ауыс. *Ызғарлану, қатулану, суық қабақ таныту.*

**АЯЗДАНУ** *Аяздан етістігінің қимыл атауы.*

**АЯЗДАТ=** ет. *Суыту, тоңазыту, мұздату.*

**АЯЗДАТУ** *Аяздат етістігінің қимыл атауы.*

**АЯЗДАУ** *Аязда етістігінің қимыл атауы.*

**АЯЗДЫ** сын. *Суық, аязы қатты.*

**АЯЗДЫҚ**: **аяздық мору.** геол. *Тау жыныстарының жарықтарына кірген судың мезгіл-мезгіл қатуы нәтижесінде қирауы.*

**АЯЗСЫ=** ет. жерг. **1**. *Аяз қысу, қатып қалу.* **2.** *Мұзы еру, жылу, жібу.*

**АЯЗСЫЗ** сын. *Аязы жоқ.*

**Аязсыз кезең**. ауылшар. *Көктемдегі соңғы аяз (үсік) болған күндердің орташа мерзімі мен күзгі бірінші аяз болған күндердің орташа мерзімі арасындағы кезең.*

**АЯЗСЫМАҚ** сын. *Аяз тәрізді, суықтау.*

**АЯЗШАЛ** зат. сөйл. ***Аязата.***

**АЯКӨЗ** зат. **1.** *Аяулы, ардақты, қымбатты адамға қарата айтылатын атауыш.* **2.** *Таңдаулы, жақсы жылқы.*

**АЯҚ**[1] зат. **1**. анат. <лат. membrum inferius> *Жүру, тұру қызметін атқаратын жамбас белдеуі мен еркін қозғалатын сүйектерден тұратын адамның дене мүшесі.* **2.** *Жан-жануардың қозғалуын қамтамасыз ететін дене мүшесі.* **3**. сөйл. ***Аяққиім.*** *// Кісі, адам.* **4**. ауыс. *Үстел, орындық, кереует тәрізді заттардың төменгі жағы.* **5**. ауыс. *Өзеннің, ағын судың төменгі жағы.* **6**. ауыс. *Бір нәрсенің соңы, ақыры, шеті.*

**Аяғы алдырмады**. *Аяғын баса алмады, жүрісі қиындады.* **Аяғы алысқа түсті**. *Соңы тартысқа түсті, алысқа кілікті.* **Аяғы аннан-саннан келді [тиді]**. а) *Аяғы жерге анда-санда бір тиді, сілеледі.* ә) *Табаны жерге тимей зулады.* **Аяғы аспаннан [көктен] келді**. а) *Шалқасынан түсті, құлады.* ә) *Күлі көкке ұшты, тас-талқаны шықты, бәлеге ұшырады, жаза тартты.* **Аяғы ауыр**. сөйл. *Екіқабат, жүкті.* **Аяғы ауырлады**. а) *Екіқабат болды, жүкті болды.* ә) *Жүріс-тұрысы ауырлап, айы-күні жақындады.* **Аяғы аяғына тимеді [жұқпады]**. *Қол-аяғы жерге тимей, зыпылдады, жүгірді.* **Аяғы бір желмеді**. *Ыңғайы келмеді, жолы бір болмады.* **Аяғы жеңіл**. а) *Тілалғыш.* ә) *Жүріптұруы оңай, қимылы ширақ.* **Аяғы жеңілденді.** *Босанды, нәрестелі болды.* **Аяғын жерге тигізбеді.** *Көкке көтерді, мақтады, құрметтеді.* **Аяғы жерге тимеді**. *Зымырады, тез, жылдам жүрді, жүгірді.* **Аяғы жетті**. *Келіп қалды, келіп үлгерді.* **Аяғы кетті.** *Аяғына ақау түсті, жем түсті.* **Аяғы көктен келді.** а) *Шалқасынан түсті, қатты құлады.* ә) *Масқара болды, ұятқа қалды.* **Аяғы көктен [аспаннан] салбырап түскен жоқ [емес]**. *Басқадан бітімі артық емес, ерекше жаратылған жоқ.* **Аяғы қоюлады**. *Аттың жүрісі өнбеді.* **Аяғы құтты болды**. *Қадамы құтты болды, келгеннен кейін үй иесі қуанышқа кенелді, олжалы болды.* **Аяғы маймақ тартты**. *Қартайған сайын қорғаншақтанды.* **Аяғымен келді.** *Өздігінен, шақырусыз келді.* **Аяғына бас ұрды [иді, жығылды]**. а) *Тәубе қылды, кешірім сұрады.* ә) *Жалбарынды, жалынды.* б) *Жеңілгенін мойындап алдына келді, тізе бүкті.* **Аяғына бұғау салды.** *Тоқтатты, тежеді.* **Аяғына жем [қан] түскендей [түскен аттай]**. *Сүріншек, шорқақ, ақсақ.* **Аяғына жем [қан] түсті**. а) вет. *Жылқы малының дұрыс күтілмеуінен, ыстық-суықтан аяғына сарысу ұялады.* ә) *Орнынан қозғалмады, тыпыр етпеді.* **Аяғына жығылды**. а) *Кешірім сұрады.* ә) *Құлдық ұрды, бас иді, қадіріне жетті.* **Аяғына жықты.** *Кінәсін мойындатып, кешірім сұратты.* **Аяғына кісен болып түсті.** *Байлау, кесір, кедергі болды.* **Аяғына кісен салды**. *Бас бостандығынан айырды, басын байлады, кісендеді.* **Аяғын алдырды**. *Аяғы ауыр тартты, шаршап-шалдықты.* **Аяғын алшаң [алшақ] басты**. *Кең адымдады, өзіне сенімді жүрді.* **Аяғына мінді**. а) *Жаяу жүрді.* ә) *Аяғынан тұрды, сауықты, жазылды.* **Аяғынан алды**. *Біреуді күндеп, кесір жасады, етегінен тартты.* **Аяғынан барды [келді]**. *Өздігінен, шақырусыз келді.* **Аяғынан жайылды [оттады]**. *Өріске шықты, өздігінен шөп тауып жеді.* **Аяғынан сабылды [сарсылды, тозды, таусылды]**. *Әуре-сарсаңға түсті; шаршап-шалдықты.* **Аяғынан тозды.** *Әуре-сарсаңға түсті; шаршап-шалдықты.* **Аяғынан түрғызды**. *Бағып-қақты, адам етті.* **Аяғынан тік тұрғызды.** а) *Құлан таза сауықтырды.* ә) *Қалпына келтірді, түзеді, нығайтты, жақсартты.* б) *Түгелдей дүрліктірді, әбігер етті.* **Аяғынан [аяғының ұшынан] тік тұрды**. *Бар ынтасымен құрмет көрсетті, сыйлады.* **Аяғын аңдап [аңдып, байқап] басты**. *Байқап, абайлап, байқап жүрді, сақ болды.* **Аяғына [аяққа] оралды [оратылды]**. а) *Алдын кес-кестеді, жүргізбеді, бөгет болды.* ә) *Жалынып-жалбарынды, аяғына жығылды.* **Аяғына [аяғының ұшына] отырғызбады [отыртпады]**. а) *Маңына жолатпады, шеніне жуытпады, теңдік бермеді.* ә) *Жақын болмады, көңіл қоспады.* **Аяғын апыл-тапыл басты**. *Кішкентай бала жаңадан жүре бастады, тәй-тәй басты.* **Аяғына салды**. а) *Жауын тізе бүктірді, жеңді.* ә) *Қорлады, күң, құл қылды.* **Аяғына салып берді.** *Жеңіп берді, көндіріп берді.* **Аяғын аспаннан келтірді**. *Тас-талқанын шығарды, жерден алып, жерге салды.* **Аяғына тас байлап алды.** *Жүрісі ауырлады, баяулады.* **Аяғына тұсау болды**. *Кедергі болды, бөгет болды.* **Аяғына тұсау түсті.** *Басы байланды, үйленді.* **Аяғын ауыса [шалыс] басты**. а) *Шаршап-шалдыққаннан не басқа бір жағдайға байланысты аяқты дұрыс баса алмады.* ә) *Қателесті, тура жолдан тайды.* **Аяғына шаң жұқпайтын [жұқпас]**. а) *Өте ұшқыр, желаяқ, жүйрік.* ә) *Бір жерде тиянақтай алмайтын, қыдырымпаз, жүргіш.* **Аяғын әлтек-тәлтек басты**. *Аяғын әрең-әрең басты, тәлтіректеді.* **Аяғын әріге салды**. *Әріден ойланды, мерзімді соза түсіп, уақыт ұтты.* **Аяғын байлады**. *Кедергі болды, бөгет жасады.* **Аяғын баса алмай қалды.** *Жүру мүмкін болмады, жүре алмады, тұра алмай қалды.* **Аяғын босаңсытты.** *Істің соңын нашарлатты, нәтиже шығара алмады.* **Аяғын дестелей басты.** *Аяғын алшаң басты, қатты адымдады.* **Аяғын еппен басты.** *Ақырын абайлап жүрді, байқатпай жүрді.* **Аяғын жерге тигізбеді**. *Көкке көтерді, мақтады, құрметтеді.* **Аяғын жиды.** *Көсілмей, жиырып алды, аяғын өзіне тартты.* **Аяғын кер-**

**деңкерден басты**. *Маңғазданды, кербезденді.* **Аяғын көсті.** *Көсілді, аяғын созып жіберді.* **Аяғын көсілте [көсілтіп] тастады.** а) *Аяғын созып жіберді, көсілді.* ә) *Үдете түсті, құйыта шапты.* **Аяғын қия баспады**. *Ешқайда бармады, сол орнынан тапжылмады.* **Аяғын қия бастырмады [басқызбады].** *Ешқайда шығармады, тырп еткізбеді.* **Аяғын құшты**. *Біреудің басына келгені оның да басына келді, соның кебін киді.* **Аяғын матады.** *Ешқайда шыға алмастай етті, бөгет болды.* **Аяғын салған жерден жібермеді.** *Қыран құс түскен аңы мен ілген құсын екі аяғымен бүрген күйі сіресіп қатып қалды.* **Аяғын салды**. *Шыққан, сынған аяқты орнына келтірді.* **Аяғын салмайды**. *Аяқ баспайды, жоламайды.* **Аяғын санап басты.** *Ақырын, жайбарақат маңмаң басып жүрді.* **Аяғын типыңтипың еткізді.** *Типыңдатты, типың жүріске басты.* **Аяғын тік басты**. *Жолға қойылды, қалпына келді, түзелді.* **Аяғын ұшынан басты**. *Ақырын жүрді, еппен басты.* **Аяғын шалғылады.** *Жаны қысылып, аяғын тыпырлатты.* **Аяғын шалдырды**. *Опық жеді, өмір соққысын көрді.* **Аяғын шырмады**. т а б у. *Үйлендірді, әйел алып берді.* **Аяғының астына қарады**. *Абайлап, көзіне қарап жүрді.* **Аяғының желі бар**. *Суық жүрісті, жортуылшы (кісі).* **Аяғының желі қозды.** *Машықты ескі жүрісіне басқан кісі туралы айтылады.* **Аяғының ұшымен жорғалады.** *Бәйпең қақты, құрақ ұшты, елпектеді.* **Аяғының ұшынан басты.** *Сақтанып аяғын байқап басты, жымдай болды.* **Аяғының ұшынан тұрды.** *Құрмет көрсетті, тікесінен тік тұрып қарсы алды.* **Аяғыңды аңдап [аңдып] бас**. *Байқа, абайла деген мағынадағы ескерту сөз.* **Аяғыңды бас**. *Жылдамдат, тез жүр.* **Аяғы сұйылып кетті.** *Нәтижесіз қалды, аяқсыз қалды.* **Аяғы тайды.** а) *Жазатайым болды.* ә) *Айныды, шәлкемшалыс кетті.* б) *Қызметтен қуылды, орнынан айырылды.* **Аяғы тұсалды.** а) *Не істерін білмей дағдарды, амалы таусылды.* ә) *Үйленді, басы байланды.* **Аяғы тұсалынды.** *Еменеркін жүріске шек қойылды, ұзап шыға алмайтын болды.* **Аяғы шықты.** *Аяғын баса бастады, жүре алатын болды.* **Аяқ алып жүргісіз [жүргізбейді].** а) *Аяқ басу қиын, жүруге ыңғайсыз.* ә) *Өте көп, мол.* **Аяқ алыс**. а) *Жүріс, жүріс-тұрыс.* ә) *Беталыс, бағыт, қарқын.* **Аяқ артты.** а) *Көлікке мінді.* ә) *Сүйеніш қылды, медеу тұтты.* **Аяқ астында**. *Жақын жерде.* **Аяқ аттаған сайын**. *Ілгері басқан сайын, кез келген жерде.* **Аяқ аттатпады**. *Ілгері бастырмады, ешқайда шығармады.* **Аяқ баса алмады**. *Тырп ете алмады, өмір сүре алмады, әрекет ете алмады.* **Аяқ басар жер жоқ [қалмады].** а) *Тығыз, жиі; бос жер жоқ.* ә) *Жалғызсырады, баратын жері, түсер адамы қалмады.* **Аяқ басты.** а) *Аттады, жүрді, әрекеттенді, әрекетке шықты.* ә) *Барды, келді, бір жерге қадам басты.* б) *Бір істі бастады, бір істі орындауға бет бұрды.* в) *Белгілі бір жасқа шықты, ауысты.* **Аяқ бастырмады.** *Беттетпеді, жолатпады.* **Аяқ бәйгі.** э т н. *Бәйгеге ат шапқанда берілетін соңғы жүлде.* **Аяқ бунақ**. э т н. *Қазақша жыл қайыру бойынша қазан айының 10 жаңасынан ақпан айының 9 жұлдызына дейінгі аралық.* **Аяқ білезік.** э т н. *Адамның буынбуыны ауырғанда аяққа салып жүретін, күмістен соқтырылатын білезік.* **Аяқ егін жер**. *Суармалы егін.* **Аяқ жазысты.** *Аяғын созып отырды, аяғын демалтты; далада жүріп келді.* **Аяқ жақ.** *Соңғы жағы, соңы.* **Аяқ жетер жер**. *Барыпкеліп қатынасуға боларлық жуық жер, таяу төңірек.* **Аяқ жетпес полюстер.** г е о г р. *Арктика мен Антарктидадағы адамның жетуі қиын аймақтар.* **Аяқ жұмсады.** с ө й л. *Аяғымен тепті.* **Аяқ жүгірту.** э т н. *Күйеу жігіттің қалыңдық жаққа жаяу ат жетектеп келгенде әзілдесіп көңіл көтерген қыз жеңгелеріне беретін кәдесі.* **Аяқ кезі [шені].** *Белгілі бір уақыттың, мезгілдің соңы.* **Аяқ киіт.** э т н. *Бас құдаға ілесіп келген құдаларға берілетін кәде.* **Аяқ көрік.** э т н. *Қолмен емес, аяқпен іске қосылатын ұсталықта қолданылатын көріктің шағын түрі.* **Аяққа басты.** *Қорлады, мазақ етті, арнамысқа кір келтірді.* **Аяққа жармасты.** *Бөгет жасады, кеселін тигізді.* **Аяққа жездей басылды**. п о э т. *Жерменжексен болды.* **Аяққа қан салғызды.** *Мысын құрытты, діңкелетті, сілелетті.* **Аяққа оралғы [тұсау, орау] болды**. *Кедергі болды, бөгет жасады.* **Аяққа салды.** *Қорлады, намысын таптады.* **Аяққа тұсау түсті [салды]**. *Үйленді, бойдақ жүрісінен айырылды; басы байланды.* **Аяқ қоразданды.** ж е р г. *Аяқ ісіп ауырды.* **Аяқ өре тұрды.** *Дүрлікті, өре түрегелді.* **Аяқ өре тік тұрғызды.** *Дүрліктірді, шулатты.* **Аяқ салды.** э т н. к ө н е. *Әйелі бала көтермегенде ер адамның бәйбішесінің рұқсатымен күңді немесе босағада жүрген әйелді бала көру үшін әйелдікке алу салты.* **Аяқ салу.** э т н. *Дәстүрлі ортада перзент көре алмай жүрген байдың есіктегі күңімен көңіл қосу жосыны.* **Аяқ сауыт.** э т н. к ө н е. *Батырдың сыртқы қорғаныс киімінің аяғын жауып тұратын бөлігі.* **Аяқ созды қылды**. *Шұбыртып ұзағынан айдады, шаршатты.* **Аяқ суытты**. *Біраз дем алды, тынықты.* **Аяқтағы суға ағып өл, қасықтағы суға қалқып өл!** қ а р ғ. *Болмашыдан опат бол.* **Аяқтан алды.** *Бөгет жасады, кедергі істеді, қастық қылды.* **Аяқтан қақты**. *Еркіне жібермеді, кедергі жасады, жүргізбеді, ор қазды.* **Аяқтан тартты**. *Қастық істеді, кедергі жасады, сүріндіруге тырысты.* **Аяқтан шалды [алды]**. *Қастық істеді, кедергі болды, сүріндіруге тырысты.* **Аяқтан шалдыру.** *Кедергі жасату, кесекөлденең тұрғызу.* **Аяқтарын білесті.** *Тепкілесті, тебісті.* **Аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жұтады.** *Мешкей, жемпаз, парақор, «түйені түгімен жұтатын» кісі туралы айтылады.* **Аяқты шалыс басты.** *Қателесті, жаңылысты.*

**АЯҚ**[2] з а т. **1**. *Ағаштан ойылып жасалған, сұйық, сусын ас ішуге арналған, көлемі шағын, кеседен үлкен шұңғыл, дөңгелек ыдыс.* **2.** а у ы с. *Аяқтың ішіне құйылған сұйық ас.*

**Аяқ аузындай**. *Шағын, өзіне жетерлік.* **Аяқ берісті.** *Бірбіріне сый, құрмет көрсетті.* **Аяқтағы суға ағып өлді**. э к с п р. *Масқара болды, мазақ болды.*

**АЯҚАРТАР** з а т. *Көлік, мініс мал.*

**АЯҚАРТҚЫШ** з а т. с ө й л. ***Аяқартар***.

**АЯҚАСТЫ** ү с т. *Бірден, күтпеген жерден, ойламаған жерден.*

**Аяқасты болды**. а) *Керексіз болды, қалай болса солай, берекесіз шашылды.* ә) *Еленбеді, ескерусіз қалды, керек болмады.* **Аяқасты етті [қылды].** а) *Аяққа басты, таптады.* ә) *Қалай болса солай, берекесіз шашылды, керексіз болды.* б) *Керек қылмады, елемеді, ескерусіз қалдырды.* в) *Қорлады, менсінбеді, намысына тиді.*

**АЯҚАСТЫНАН** ү с т. *Кенеттен, ойламаған, күтпеген жерден.*

**Аяқастынан құбылды.** *Кенеттен өзгеріп шыға келді.*

**АЯҚБАС**: **аяқбас ақжапырақ.** ө с. <лат. jurinea cepholopoda> *Күрделі гүлділер тұқымдасының ақжапырақ туысына жататын, бұтақталған сабағы тік, шеті сыртына қарай қайырылған жапырақтары жіңішке, күлте болып келетін қошқыл қызыл түсті бұта.*

**АЯҚБАСЫ** з а т. *Үстібасы, өне бойы.*

**АЯҚБАСЫС** з а т. *Аяқ алыс, жүріс.*

**АЯҚБАУ** з а т. **1.** э т н. с а я т. *Аушы құстардың аяғына байланатын былғары, қыжым немесе теріден өріліп жасалған жіп.* **2.** э т н. *Көшер кезде киіз үй уықтарының аяқ жағын буып байлайтын жіп.* **3.** к ә с. *Балық аулайтын аудың (жылымның) әрбір етек тасын жекежеке байлайтын бау.* **4.** к ә с. *Қайықтың діңгегін төменгі жағынан бекітетін арқан.* **5.** а у ы с. *Тежеуіш, жаман істен қағушы.*

**АЯҚБАУЛЫ** с ы н. *Аяқбауы бар, аяқбау тағылған.*

**АЯҚБАУСЫЗ** с ы н. *Аяқбауы жоқ, аяқбау салынбаған.*

**АЯҚДОП** з а т. с п о р т. ж а ң а. <ағыл. foot – аяқ, ball – доп> ***Футбол***.

**АЯҚЖАҚСЫ** з а т. э т н. *Тоғыз түрінде берілген сыйдың құрамындағы мәртебесі мен құндылығы тұрғысынан тоғызыншы кәделі заттың атауы.*

**АЯҚЖОЛ** з а т. **1.** э т н. *Ертедегі ордамен сарайлардың кіреберісіне төселген, алаша, кілемдерден, сондайақ кестелі асыл қалың кездемелерден қапталып киізден де жасалған ұзын төсеніш.* **2.** с ө й л. ***Жаяусоқпақ***.

**АЯҚКЕСІП** з а т. *Іздеп жүріп табатын, уақытша жұмыс.*

**АЯҚКИІМ** з а т. *Аяққа киетін киімдердің жалпы атауы.*

**АЯҚКИІМДІ** с ы н. *Аяқкиім киген; аяқкиімі бар.*

**АЯҚКИІМДІК** с ы н. *Аяқкиім боларлық, аяқкиімге жарарлық.*

**АЯҚКИІМСІЗ** с ы н. *Аяқкиім кимеген, жалаңаяқ; аяқкиімі жоқ.*

**АЯҚҚАЙРАҚ** з а т. ж е р г. ***Шарық***.

**АЯҚҚАП**[1] з а т. э т н. к ө н е. *Ыдысаяқ салатын дорба.*

**АЯҚҚАП**[2] з а т. м а л ш а р. *Тұяғы түсіп қалған малдың (жылқының) аяғына кигізуге арналған жабдық.*

**АЯҚҚАП**[3] з а т. с а я т. *Саят құсының аяғына аң ұстағанда жыртқыш шайнап қоймас үшін тырнақтарын шығарып кигізіп қоятын арнайы қап.*

**АЯҚҚАПСЫЗ** с ы н. *Аяққабы жоқ.*

**АЯҚҚАПТАЙ** с ы н. *Кең, үлкен, далақтай, далабадай.*

**АЯҚҚОЛ** з а т. *Аяғы мен қолы.*

**Аяққолға кісен салды**. *Тұтқындады, тұтқын қылды.* **Аяққолы аман [амансау]**. *Жүріптұра алатын, дені сау.* **Аяққолы балғадай.** *Дені сау, мықты, сымбатты.* **Аяққолы бос**. *Басы бос, бостандықта жүрген, еркін.* **Аяққолы бір тұтам**. *Аяққолы қысқа, тырбиған.* **Аяққолы жеңіл.** а) *Қолғанат, тіл алғыш.* ә) *Жүріптұруы оңай, қимылы ширақ.* **Аяққолы жерге тимеді**. *Тез, жылдам, шапшаң, қимылдады.* **Аяққолы кесілді**. *Дәрменсіз күйге түсті.* **Аяққолына тұсау болды**. *Кедергі болды, бөгет болды.* **Аяққолын бауырына алды**. э т н. *Аманесен босанды, өзіне-өзі келді.* **Аяққолын жаздырмады.** *Еркін жүргізбеді, ойлағандай көп нәрсеге қолын жеткізбеді, кедергі жасады.* **Аяққолын жерге тигізбеді**. *Жанын қоймады: асықтырды, тыным бермеді.* **Аяққолын жиды.** *Өзіне-өзі келді, аманесен босанды, аяққолын бауырына алды.* **Аяққолын шынжырлатты**. *Қолаяғына кісен салдырды, бұғаулатты.* **Аяққолы шидей**. *Жіпжіңішке, сидиған.*

**АЯҚҚҰЙРЫҚТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. collembola немесе podura> *Төменгі сатыдағы қанатсыз жәндіктер тобы тармағының дүние жүзінің барлық аймағында кездесетін 3,5 мыңдай түрі бар отряды.*

**АЯҚҚҰР** з а т. э т н. *Жалпақ тоқылған киіз үйдің жіпшуының біреуі.*

**АЯҚҚЫ** сын. **1**. *Төменгі, еңіс жақтағы*. **2**. әдеб. *Соңғы*.

**АЯҚЛАУ** зат. *Мінуге жарарлық, лекер болатын көлік*.

**АЯҚМӘШИНЕ** зат. тех. *Аяқпен басып, іске қосатын тігін мәшинесі*.

**АЯҚСУ** *Аяқсы етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚСЫ**[1]**=** ет. *Саябырлау, салғыртсу, басылу*.

**АЯҚСЫ**[2]**=** ет. жерг. *Науқасы қатты адамның келген адамдарды көтере алмай, нашарлап қалуы*.

**АЯҚСЫЗ** сын. **1**. *Аяғы жоқ, шолақ*. **2**. ауыс. *Бітпеген, аяқталмаған*.

**Аяқсыз кесіртке**. зоол. <лат. anduidae> *Дене пішіні жыланға ұқсас кесірткелер отряды тармағының бір тұқымдасы*. **Аяқсыз қалды**. *Орындалмады, бітпеді, аяқталмады, жүзеге аспады*. **Аяқсыз қалдырды [тастады]**. а) *Бастағанын бітірмеді, аяқтамады, нәтижесіз қалдырды*. ә) *Үн-түнсіз қалдырды, қуғындамады, даламады*. **Аяқсыз қосмекенділер**. зоол. <лат. apoda, gymnophiona> *Қосмекенділер тобының басы денесімен тұтасып кеткен дене пішіні ұзынша, жыланға ұқсас, жер астында ін қазып мекендейтін бір отряды*.

**АЯҚСЫТ**[1]**=** ет. *Саябырсыту, салғыртсыту*.

**АЯҚСЫТ**[2]**=** ет. *Аяқасты қылу, қорлау*.

**АЯҚСЫТУ** *Аяқсыт етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТА=** ет. *Бітіру, тамамдау, аяғына жету*.

**АЯҚТАБАҚ** зат. этн. *Үлкен жиын-тойдың дастарқанына тартылатын сыйлы табақтардың соңғысы*.

**АЯҚ-ТАБАҚ** зат. *Барлық ыдыстардың жиынтық атауы*.

**Аяқ-табағы бөлінген жоқ**. *Береке-бірлігі, татулығы бұзылған жоқ*. **Аяқ-табақ жуумен ғұмыры өтті**. *Өмірі үйдің күйбеңімен өтті, үй шаруасынан аспады*. **Аяқ-табақ сылдырламай тұрмайды**. *Дәм-тұзы жарасып, бірге тұрып, үйренісіп кетудің қиындығы туралы айтылады*. **Аяқ-табақ ұстады**. *Қазан-ошаққа иелік етті*.

**АЯҚ-ТАБАҚСЫЗ** сын. *Аяқ-табағы жоқ, ыдыссыз*.

**АЯҚ-ТАБАҚТЫ** сын. **1**. *Аяқ-табағы бар, ыдысты, ыдысы бар*. **2**. *Дүние-мүлікті, үйлі*.

**АЯҚТАЙ**[1] сын. **1**. *Ірі, үлкен, көлемді*. **2**. *Аядай, көлемі аз, кішкентай*.

**АЯҚТАЙ**[2]**: аяқтай барды**. жерг. *Жаяу барды, аяғымен барды*.

**Аяқтай сатты**. жерг. *Малды тірілей сатты, соймай сатты*.

**АЯҚТАЛ=** ет. *Біту, таусылу, соңына жету*.

**АЯҚТАЛУ** *Аяқтал етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАН=** ет. **1**. *Жаңа туған төлдің өздігінен ең алғаш тұрып жүруі, аяғын басып тұруы*. **2**. саят. *Саят құсының аң аулауға дағдылануы, бау ашуы*. **3**. ауыс. *Үйрену, дағдылану*. **4**. ауыс. *Өзіне-өзі келу, жолға қойылу, жетілу*. **5**. ауыс. *Үйлену, үй болу, тұрмыс құру*.

**АЯҚТАНДЫР=** ет. **1**. *Жаңа туған төлді күтіп, жүргізу*. **2**. саят. *Саят құсын аң аулауға дағдыландыру, бау ашқызу*. **3**. ауыс. *Үйлендіру, әйел әперу*. **4**. ауыс. *Өсіру, жетілдіру, жолға қою*.

**АЯҚТАНДЫРУ** *Аяқтандыр етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАНУ** *Аяқтан етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАС**[1]**=** ет. *Бітірісу, соңына жетісу*.

**АЯҚТАС**[2]**=** ет. *Дастарқандас, табақтас болу*.

**АЯҚТАС**[3]**=** ет. *Аяқтарын түйістіріп бастарын екі жаққа беріп жату*.

**АЯҚТАСТЫР=** ет. *Бастарын екі жаққа беріп, аяқтарын түйістіру*.

**АЯҚТАСТЫРУ** *Аяқтастыр етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАСУ** *Аяқтас етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАТ=** ет. *Бітіргізу, тауыстыру, соңына жеткіздіру*.

**АЯҚТАТУ** *Аяқтат етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАУ** *Аяқта етістігінің қимыл атауы*.

**АЯҚТАУСЫЗ** сын. сөйл. *Аяқсыз, бітпеген, аяқталмаған*.

**АЯҚТАУШЫ** зат. *Бітіруші, тәмамдаушы, аяғына жеткізуші*.

**АЯҚТОҒЫЗ** зат. этн. *Бұзаулы сиыр бастаған тоғыз тайынша, қозылы қой және басқа бұйымдар*.

**АЯҚТЫ** сын. **1**. *Тіреуіші бар, аяғы бар (зат)*. **2**. *Доңғалақты, доңғалағы бар*.

**Аяқты аң**. *Тез жүретін, жүйрік аң*. **Аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін**. экспр. *Пысықай, қу*. **Аяқты мал**. *Жылқы*.

**АЯҚҮСТІ** үст. *Немқұрайды, қалай болса солай*.

**Аяқүсті болды**. жерг. *Ауруынан жазылды, тәуір болды, сауықты*.

**АЯҚША** зат. *Кішкене тіреуше*.

**АЯҚШЫ**[1] зат. *Тамақ құюшы, ас тасушы (адам)*.

**АЯҚШЫ**[2] зат. жерг. *Жәрдемші, қой қозғаланда жәрдем беруші, көмекші, сақпаншы*.

**АЯЛ**[1] зат. *Кідіріс, дамыл, тоқтам, тыным*.

**Аял берді**. *Тыным берді, маза берді, мұрша берді*. **Аял болды**. *Тыныштық туды, тынышталды, тыншыды*. **Аял етті [жасады, қылды]**. *Кідірді, аялдады*. **Аял көрмеді**. *Демалмады, тыншымады, дамыл таппады*. **Аял қылды**. *Кідірді, аялдады*. **Аял қылысты**. *Бірге тоқтады, бірге аялдады*.

**АЯЛ**[2] зат. жерг. ***Әйел***.

**АЯЛ=** ет. *Тарлық етілу*.

**АЯЛА=** ет. **1**. *Әлпештеу, мәпелеу*. **2**. *Ардақтау, қадірлеу, құрметтеу*. **3**. *Қамқор болу, жаны ашу*. **4**. *Құшақтау, аймалау*. **5**. *Баптау, бабына келтіру*.

**Аялап бақты**. *Әлпештеп өсірді, қамқорлықты мол жасады*. **Аялап өсірді**. *Әлпештеді, мәпелеп өсірді*.

**АЯЛАН=** ет. *Құрметтелу, ардақталу*.

**АЯЛАНУ** *Аялан етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛАС=** ет. *Астасу, жанасу*.

**АЯЛАСТЫР=** ет. *Қиюластыру, сәнін келтіру, үйлестіру*.

**АЯЛАТ=** ет. *Мәпелету, әлпештету*.

**АЯЛАТУ** *Аялат етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛАУ** *Аяла етістігінің қимыл атауы*. **1**. *Әлпештеу, мәпелеу*. **2**. *Ардақтау, қадірлеу, құрметтеу*. **3**. *Аймалау, құшу*.

**АЯЛАУШЫ** зат. *Мәпелеп күтуші, әлпештеуші*.

**АЯЛҒЫ** зат. *Соңы, аяғы*.

**АЯЛДА=** ет. **1**. *Бөгелу, кідіру, тоқтау*. **2**. *Тосу, күту*. **3**. *Тынығу, дем алу*. **4**. *Асықпау, байыппен, баяу қозғалу*.

**АЯЛДАҒЫШ** сын. *Жиі тоқтағыш*.

**АЯЛДАМА** зат. **1**. көлік. *Автобус, троллейбус, трамвай т.б. қала ішілік қоғамдық көліктің жолаушыларды түсіріп, мінгізу үшін тоқтайтын жері*. **2**. әск. *Жорық лектері бөлімшелерінің жорықта жеке құрамның демалыс, тамақтану, материалдық бөліктерді тексеру, ақаулықтарды жою үшін аялдайтын жері*.

**АЯЛДАМА-БЕКІНІС** зат. *Уақытша бекініс, аз уақытқа бекініс болған тұрақ*.

**АЯЛДАМАДАЙ** сын. *Аялдама боларлықтай, аялдама мөлшеріндей*.

**АЯЛДАС=** ет. *Тоқтасу, бөгелісу, кідірісу*.

**АЯЛДАСУ** *Аялдас етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛДАТ=** ет. *Бөгелту, кідірту, тоқтату*.

**АЯЛДАТТЫР=** ет. *Бөгелттіру, кідірттіру, тоқтаттыру*.

**АЯЛДАТТЫРУ** *Аялдаттыр етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛДАТУ** *Аялдат етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛДАУ** *Аялда етістігінің қимыл атауы*.

**АЯЛ-ПҰЯЛ** зат. жерг. *Аял, кідіріс, дамыл*.

**АЯЛСЫЗ** сын. *Тоқтаусыз, кідіріссіз*.

**АЯЛЫ**[1] сын. *Аясы үлкен; көлемді*.

**АЯЛЫ**[2] сын. **1**. *Мейірімді, қамқор, қайырымды*. **2**. *Саялы, жанға жайлы*.

**Аялы алақан [қол]**. *Мейірімді жанның қамқорлығы*. **Аялы алақанда тәрбиеленді [өсті]**. *Қамқор тәрбиесінде болды, көз алдында өсті, қолында тәрбиеленді*. **Аялы алақаны тиді [алақанында болды]**. *Қамқорлық, жанашырлық, мейірімділік көрді*.

**АЯЛЫС** зат. жерг. *Кідіріс, дамыл*.

**АЯМАЙ** үст. *Оңдырмай, бар күшімен*.

**АЯМАН=** ет. фольк. *Аямаймын, аянбаймын деген сөздің поэтикалық формасы*.

**АЯМЕЙІЗ** зат. этн. *Наурыз айындағы бір жетілік уақыт*.

**АЯМПАЗ** сын. *Аяғыш, жаны ашығыш*.

**АЯМПАЗДЫҚ** зат. *Аяғыштық, жаны ашығыштық*.

**АЯН**[1] [ар. ] сын. *Белгілі, мәлім, айқын*.

**Аян болды**. *Белгілі болды, мәлім болды, айқындалды*. **Аян қылды**. *Түсіндірді, мән-жайын ұқтырды*.

**АЯН**[2] [ар. عيان] зат. миф. *Белгі, хабар, ишара*.

**Аян берді**. миф. *Біреуге түсі арқылы Аллатағала бір нәрсе жайында хабар білдірді, белгі берді*.

**АЯН=** [ар. عيان] ет. **1**. *Аяу, іштарлық ету, қамау*. **2**. *Тартыну, жанын қинамау*.

**Аянатын не бар.** *Аянатын ештеңе қалмады, тартынатыны жоқ*.

**АЯНБАЙ** үст. *Жанын салып, тартынбай, жан-тәнімен, ынты-шынтысымен*.

**АЯНДА=** ет. *Белгілі ету, анықтау, айқындау, көрсету*.

**АЯНКЕС** сын. *Аяншақ, аянпаз, аянсақ (адам)*.

**АЯНКЕСТІК** зат. *Аяншақтық, аянпаздық, аянсақтақ, жанын аяғыштық*.

**АЯНКЕСІРЕК** сын. *Аяншақтау, аянпаздау, аянсақтау, қорғаншақтау*.

**АЯНПАЗ** сын. *Аяншақ, аянкес, аянсақ*.

**АЯНСАҚ** сын. *Аяншақ, аянкес, аянпаз*.

**АЯНСЫЗ** сын. **1**. *Белгісіз, беймәлім*. **2**. *Баянсыз, тұрақсыз*.

**АЯНУ** *Аян етістігінің қимыл атауы*.

**АЯНШАҚ** сын. *Аянпаз, аянкес, аянсақ*.

**АЯНШАҚТА=** ет. *Аянпаздау, аянкестеу, аянсақтау*.

**АЯНШАҚТАН=** ет. *Аянпаздану, аянкестену, аянсақтану*.

**АЯНШАҚТАНУ** *Аяншақтан етістігінің қимыл атауы*.

**АЯНШАҚТАУ**[1] сын. *Аянпаздау, аянкестеу, аянсақтау*.

**АЯНШАҚТАУ**[2] *Аяншақта етістігінің қимыл атауы.*

**АЯНШАҚТЫҚ** зат. *Аянпаздық, аянкестік, аянсақтық.*

**АЯНЫС=** ет. *Аянбау, аяусыз, жан алып, жан берісу.*

**АЯНЫСУ** *Аяныс етістігінің қимыл атауы.*

**АЯНЫШ** зат. *Жанашушылық, мүсіркеушілік, есіркеушілік.*

**Аяныш білдірді**. *Көңілін жұбатты, аяды, мүсіркеді.* **Аянышпен қарады**. *Аяушылық білдірді, жаны ашыды, мүсіркеді, аяды.*

**АЯНЫШТАУ** сын. сөйл. *Қайғылылау, аяныштылау, мұңды.*

**АЯНЫШТЫ** сын. *Жан ашитындай, мүсіркейтіндей, адам аярлық, қайғылы.*

**Аянышты күй [жай, хал]**. *Аярлық хал, мүсіркелік жай, адам аярлық күй.* **Аянышты пішін [кескін]**. *Жанашырлық түр, адам аярлық, мүсіркерлік түрпат.* **Аянышты үн [дауыс]**. *Қайғылы, мұңды үн.*

**АЯНЫШТЫҚ** зат. сөйл. ***Аяныш***.

**АЯҢ**[1] зат. **1.** *Аттың, өгіздің т.б. жүрісі, желісі.* **2.** *Аттың, өгіздің бір қалыпты жай, ақырын жүрісі.* **3.** ауыс. *Дағды, қалып.*

**Аяңға басты [көшті, салды]**. *Бірқалыпты жай, ақырын жүріске ауысты.* **Аяң жорға**. а) *Тайпалған, бір қалыпты баяу жүріс.* ә) *Аяңдағанда ғана жорғалайтын жылқы.* **Аяң жүріс.** *Бірқалыпты, жаппай жолмен желу.*

**АЯҢ**[2] зат. *Өсек.*

**АЯҢ-БҰЯҢ** зат. жерг. *Аяң-пұяң.*

**АЯҢДА=** ет. **1**. *Жайлап, ақырын жүру.* **2**. ауыс. *Ауысу, әңгімені бұру.* **3**. ауыс. *Жылжу, өту (уақытқа қатысты).*

**АЯҢДАС=** ет. *Асықпай, ақырын бірге қозғалу.*

**АЯҢДАСУ** *Аяңдас етістігінің қимыл атауы.*

**АЯҢДАТ=** ет. *Ақырын жүргізу, асықпай қозғалту.*

**АЯҢДАТУ** *Аяңдат етістігінің қимыл атауы.*

**АЯҢДАУ** *Аяңда етістігінің қимыл атауы.*

**АЯҢ-ЖОРТАҚ** зат. *Біресе аяң, біресе жортақ жүріс.*

**АЯҢ-ПҰЯҢ** зат. жерг. *Аял; жайбарақаттық.*

**АЯҢШЫЛ** сын. *Бір қалыпты аяң жүрістен аумайтын.*

**Аяңшыл ат**. *Бір қалыпты қарқынды жүрісінен танбайтын ат.* **Аяңшыл тұғыр**. *Аяң жүрістен аумайтын жабы ат.* **Аяңшыл тірлік**. *Бір сарынды, өзгеріссіз күнделікті тұрмыс.*

**АЯҢШЫЛДЫҚ** зат. *Жүрістілік, жүрдектік.*

**АЯР** [ар. عيّار] сын. *Сұм, қу, екіжүзді, көлгір, залым, айлакер, жылпос, алаяқ.*

**Аяр болды.** *Тілазар болды.*

**АЯРЛАН=** ет. *Көлгірсу, құлану, айлакерлену.*

**АЯРЛАНУ** *Аярлан етістігінің қимыл атауы.*

**АЯРЛЫҚ** зат. *Құлық-сұмдық, залымдық, айлакерлік.*

**АЯРЛЫҚТАЙ** сын. *Аяйтындай, мүсіркейтіндей.*

**АЯРСУ** *Аярсы етістігінің қимыл атауы.*

**АЯРСЫ=** ет. *Көлгірсу, айлакерлену; жалған түрде аяған кейіп танытып, жаны ашығандай болу.*

**АЯРШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Аярлық***.

**АЯС=** ет. *Жанын сақтасу, тартыншақтасу.*

**АЯСУ** *Аяс етістігінің қимыл атауы.*

**АЯСЫЗ** сын. *Бағусыз, күтімсіз, қамқорсыз.*

**АЯТ** [ар. آية] зат. **1.** діни. *Құран сүресінің құрылымдық бөлігі.* **2.** ауыс. *Қасиетті ұстаным, бұлжымайтын заң.*

**Аят оқыды**. діни. *Құран сүресінің бір шумағын дауыстап айтты.*

**АЯТ=** ет. *Жанын сақтатқызу, тартыншақтатқызу.*

**АЯТ-ҚАДІС** зат. сөйл. діни. ***Аятхадис***.

**АЯТОЛЛА** [ар. ايات الله] зат. діни. *Шииттік ағымда қолданылатын, ислам дін басыларына берілетін ең құрметті атақ.*

**АЯТҮЛКҮРСІ** [ар. اية الكرسي] зат. діни. *Алланың тағы, оның кереметі туралы аят.*

**АЯТ-ХАДИС** [ар. ايات حديث] зат. діни. *Аят пен хадистер.*

**АЯТЫЛКҮРСІ** зат. сөйл. діни. ***Аятүлкүрсі***.

**АЯУ** *Ая етістігінің қимыл атауы.*

**Аяу білмес**. *Қатыгез, мейірімсіз.* **Аяуды білмеді**. *Қатыгездік танытты, мейірімсіздік көрсетті.* **Аяу жоқ**. *Кешірім жоқ, кешірілмейді.*

**АЯУГЕРШІЛІК** зат. сөйл. *Аяушылық, есіркеушілік, мүсіркеушілік.*

**АЯУЛА=** ет. жерг. *Әлпештеу, мәпелеу.*

**АЯУЛАУ** *Аяула етістігінің қимыл атауы.*

**АЯУЛЫ** сын. **1**. *Қымбатты, ардақты, қадірлі (адам).* **2.** *Қымбат, бағалы (зат, нәрсе).*

**Аяулы жар**. *Сүйікті қосақ.*

**АЯУСЫЗ** сын. **1.** *Аямайтын, жаны ашымайтын, мейірімсіз, қатыгез.* **2.** ауыс. *Шексіз, шетсіз, мол.* **3.** ауыс. *Сұрауы жоқ, иесіз.*

**АЯУСЫЗДЫҚ** зат. *Қаттылық, қаталдылық.*

**АЯУШЫ** зат. *Аяйтын, аяушылық білдіретін адам.*

**АЯУШЫЛЫҚ** зат. *Есіркеушілік, мүсіркеушілік, жаны ашушылық.*

**Аяушылық білдірді**. *Аяғандығын көрсетті, жанашырлық танытты.* **Аяушылық етті [жасады]**. *Аяды, мүсіркеді.* **Аяушылық сезім**. *Жанашырлық, мейірімділік сезім.*

**АЯШ** зат. **1.** көне. этн. *Байырғы кезде әлеуметтік мәртебесі жоғары әйелдерге құрмет көрсетуде айтылатын атауыш.* **2**. эмоц. *Әйелді еркелету мәнінде айтылған атауыш.*

**АЯШЫЛЫҚ** зат. *Ойын-сауық құрушылық, сауықшылдық, думаншылдық.*

# Ә

**Ә 1**. *Қазақ әліпбиінің екінші әрпі.* **2**. лингв. *Қазақ тіліндегі ашық, езулік, жіңішке дауысты дыбысты таңбалайтын әріп.* **3**. *Ойды санамалап берген кезде «екінші» сөзінің орнына қолданылатын таңба.*

**Ә** од. *Айтылу сазына қарай адамның әртүрлі көңіл күйін аңғартатын дыбыстық ишарат.* **1**. *Біреудің сөзін естіген, естімегенін аңғартады; я, әу.* **2.** *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады; әй.* **3**. *Шошынғанда, сасқанда, таңырқағанда оқыстан шығатын дыбыс.* **4.** *Сұраулық мағына білдіреді.* **5**. *Көңіл қалауын аңғарту үшін айтылады.* **6**. *Өзгенің ойын түсінгенін, қоштайтынын аңғарту үшін айтылады.* **7.** *Бір нәрсені қайталап еске түсіру үшін айтылады.* **8**. *Қатты реніш, ыза, күйініш, сүйініш мағынасын білдіреді.* **9**. *Кекесін мағынасын білдіреді.* **10.** *«Бәсе!», «өзім де сезіп едім» дегенді аңғартады.* **11**. сөйл. *Қарсылықты шылау (ал) мәнін білдіреді.* **12**. *Өзінен кейін келген кейбір сөздердің жағымды немесе жағымсыз әсерін күшейте түседі.*

**Ә дегенде.** а) *Шүу дегеннен, салғаннан, бірден.* ә) *Бастапқыда, алғашында.* **Ә дегеннен**. сөйл. *Бірден, салған жерден.* **Ә дегенше**. сөйл. *Лезде, бірден, көзді ашып жұмғанша.* **Ә дегенше болған жоқ [болмай]**. сөйл. *Лезде, бірден, әп-сәтте, көзді ашып-жұмғанша.* **Ә десе, мә деді**. сөйл. а) *Бет бақтырмады, беттен алды, сөз қайтарды, ерегісті, беттен алды.* ә) *Есесін жібермеді.*

**ӘБДЕН** [ар. أبدا] үст. **1**. *Біржола, мүлдем.* **2.** *Толық, жете, жан-жақты, барынша.* **3.** *Мейлінше, өлгенше, мүлде.* **4.** *Өте, тым, тіпті, мүлде.* **5.** *Толысып, дер шағына жетіп.* **6**. *Сөз жоқ, сөзсіз деген мағынада қолданылатын қуаттау мәніндегі күшейткіш сөз.*

**ӘБДЕСТЕ** [ир. أبدسته] зат. көне. этн. *Мойны ұзын әрі жіңішке жез құман.*

**ӘБДІ** зат. сөйл. ***Әдді***.

**ӘБДІРЕ** [ир. آبداری] зат. этн. *Киім-кешек, әртүрлі бұйымдар салатын үлкен ағаш сандық, кебеже.*

**ӘБЕҚОҢЫР** сын. **1**. *Жадау.* **2**. *Қоңырқай.*

**ӘБЕС** [ар. عبث] сын. **1**. *Қате, теріс, ағат.* **2.** ауыс. *Ұнамсыз, ерсі, лайықсыз, өрескел.*

**Әбес көрінді [санады]**. *Лайықсыз деп тапты, ыңғайсыз деп түсінді.*

**ӘБЕССІН=** ет. *Өрескел көру, ұят санау.*

**ӘБЕССІНУ** *Әбессін етістігінің қимыл атауы.*

**ӘБЕСТЕУ** сын. *Оғаштау, өрескелдеу, ерсілеу.*

**ӘБЕСТІК** зат. *Өрескелдік, қателік, ерсілік.*

**ӘБЖАТ** зат. сөйл. ***Абжад*** *(араб әріптерінің сандық көрсеткіші; әліппе).*

**ӘБЖӘТ** зат. сөйл. ***Абжад.***

**Әбжәт тану.** *Хат тану, сауаттану.*

**ӘБЖЫЛАН** зат. фольк. ***Абжылан*** *(суды мекендейтін улы жылан.*

**ӘБЖЫЛАНДАЙ** сын. сөйл. ***Абжыландай***.

**ӘБЖІЛ** [ар. عاجل] сын. *Іске епті, қимылы ширақ, икемді.*

**Әбжіл қимыл.** *Шапшаң, тез қимыл.*

**ӘБЖІЛДІК** зат. *Шапшаңдық, жылдамдық, ширақтық, икемдік.*

**ӘБЗЕЛ**[1] [ир. ابزار] зат. **1**. этн. *Ер-тұрман, жүген, ноқта сияқты қайыс бұйымдардың жиынтық атауы.* **2**. *Құрал-сайман, қажетті жабдық.*

**ӘБЗЕЛ**[2] зат. сөйл. ***Абзал***.

**ӘБЗЕЛ**[3] сын. жерг. *Сылбыр, шабан, жалқау.*

**ӘБЗЕЛДЕ=** ет. этн. *Аттың керек-жарағын түгендеп, мінуге әзірлеу, сайлау.*

**ӘБЗЕЛДЕН=** ет. этн. *Безендірілу, әшекейлену, қапталу.*

**ӘБЗЕЛДЕНУ** *Әбзелден етістігінің қимыл атауы.*

**ӘБЗЕЛДЕТ=** ет. **1**. этн. *Атты керек-жарағын түгендеп, мінуге әзірлету, ер-тұрманын сайлату.* **2**. ауыс. *Әдемілету, сәндету, әшекейлету.*

**ӘБЗЕЛСІЗ** сын. *Әбзелі жоқ, әбзел салынбаған.*

**ӘБЗЕЛХАНА** зат. этн. *Әбзелдерді сақтайтын орын, бөлме.*

**ӘБЗЕЛШІ** зат. этн. *Ер-тұрман, құрал-сайман, жабдық жасайтын адам.*

**ӘБЗИ** тат. зат. ***Аға.***

**ӘБИ** зат. жерг. ***Шеше.***

**ӘБИБ** сын. ескікіт. *Аяулы.*

**ӘБИЕШІК** [ор. объездчик] зат. сөйл.

*Өзіне бекітілген үлкен жер телімін үнемі қадағалап қарап жүретін күзетші.*

**ӘБИІР** зат. **1**. сөйл. ***Абиыр.*** **2**. сөйл. ***Абырой.***

**Әбиірі көрінді**. *Сый-құрметтен айырылды, масқарасы шықты.*

**ӘБИІРСІЗ** сын. сөйл. ***Абиырсыз***.

**ӘБИЯТ** [ар. ابيات] зат. әдеб. *Өлең жанрының бір түрі.*

**ӘБТАИ** зат. тар. *Бастауыш, бастапқы.*

**Әбтаи мектеп.** тар. *Бастауыш мектеп.*

**ӘБТЕҺИ** зат. тар. ескікіт. ***Әбтаи.***

**ӘБТИЕК** зат. сөйл. ***Әптиек***.

**ӘБУЖЫЛАН** зат. **1**. сөйл. ***Абжылан***. **2**. ауыс. *Ширақ, жүйрік ат.*

**ӘБУТАС** зат. көне. *Үлкен тас.*

**ӘБҮЙІР** зат. сөйл. **1**. сөйл. ***Абиыр.*** **2**. сөйл. ***Абырой***.

**Әбүйір алмады**. сөйл. *Абыройға ие болмады.* **Әбүйір болғанда**. сөйл. *Құдай жарылқап, сәті түскенде.* **Әбүйірі ашылды**. сөйл. *Абиыры ашылды.*

**ӘБІ**: **әбі кіріп, күбі шықты**. сөйл. ***Апы кіріп, күпі шықты***.

**ӘБІГЕР** [ир. ابكار] зат. **1**. *Әуре-сарсаң, әуре, әлек.* **2**. *Мазасыз, әуре, беймаза.* **3**. *Абыр-сабыр, қарбалас.*

**Әбігер болды**. *Әлекке түсті, әбігерленді, әуре болды.* **Әбігерге салды [түсірді]**. *Әуреледі, әлекетті.* **Әбігерге түсті**. *Әурелендi, әлек болды.* **Әбігер етті [қылды]**. *Әуреге салды, әуреледі, әуреге түсірді.* **Әбігер шекті**. *Бейнетке түсті, азап көрді.* **Әбігерін шығарды**. *Мазасын алды, әуреледі, әуреге салды.* **Әбігері шықты**. *Мазасы кетті, әуреге түсті.*

**ӘБІГЕРЛЕ=** ет. **1**. *Әуреге салу, әурелеу, мазалау.* **2.** *Тынышын алу, ығыр қылу.*

**ӘБІГЕРЛЕН=** ет. **1**. *Әуреге түсу, әлек болу, әурелену, әлектену.* **2**. *Абыржу, асып-сасу, мазасыздану, мазасы кету.*

**ӘБІГЕРЛЕНДІР=** ет. *Абыржыту, әбігерге салу, әлекке түсіру.*

**ӘБІГЕРЛЕНУ** *Әбігерлен етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Әурелену, әлектену.* **2**. *Мазасыздану, абыржу.*

**ӘБІГЕРЛЕУ** *Әбігерле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘБІГЕРЛІК** зат. *Абыржушылық, мазасыздық, әурешілдік.*

**ӘБІГЕРСІЗ** сын. *Аспай-саспай, абыржусыз, абдыраусыз.*

**ӘБІГЕРШІЛ** сын. *Мазасыз, тынымсыз, беймаза.*

**ӘБІГЕРШІЛІК** зат. **1**. *Әурешілік, әлек болушылық.* **2**. *Мазасыздық, тынышсыздық.* **3**. *Аласапыранға түсушілік, абыр-сабырлық.*

**ӘБІКӘУСАР** [ир.+ар. آب کوثر] зат. діни. *Кәусар суы.*

**ӘБІЖАТ** зат. ескікіт. ***Абжад.***

**ӘБІЛЕТ** [ар. خلافات] зат. **1**. діни. *Жыншайтан, ібіліс.* **2**. ауыс. *Жексұрын, жұқсыз, оңбаған.*

**Әбілет басты**. *Жын соқты, қара басты.*

**ӘБІЛХАЯТ** [ар. آب الحياة] **әбілхаят суы**. діни. ***Абылхаят суы***.

**ӘБІНАУАТ** зат. кәс. жерг. *Дәу, сары қауын.*

**ӘБІРЕ**: ***әбіре сымдай есілді.***

**ӘБІРЕТ** зат. ескікіт. ***Ғибрат.***

**ӘБІРЖУ** сөйл. *Әбіржі етістігінің қимыл атауы.*

**ӘБІРЖУШІЛІК** зат. сөйл. ***Абыржушылық.***

**ӘБІРЖІ=** ет. сөйл. ***Абыржы.***

**ӘБІРЖІТ=** ет. сөйл. ***Абыржыт.***

**ӘБІРЖІТУ** *Әбіржіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӘБІ-ТӘБІ** үст. **1**. *Орташа, шамалы.* **2.** *Жайбарақат, мамыражай.*

**ӘГӘР** шыл. ескікіт. ***Егер***.

**ӘГӘРӘКІМ** шыл. ескікіт. ***Егерде.***

**ӘГӘРДА** шыл. ескікіт. ***Егерде***.

**ӘГӘРКИ** шыл. ескікіт. ***Егер***.

**ӘГЕНТ** зат. сөйл. ***Агент***.

**ӘГЕР** шыл. сөйл. ***Егер***.

**ӘГЕРШЕ** шыл. сөйл. ***Егерде***.

**ӘГҮРШІК** [ор. огурчик] зат. жерг. ***Қияр***.

**ӘДДІ** [ар. حدّ] зат. *Әл-дәрмен, шама, күш-қуат*; дәт, батылдық.

**Әддін білді**. *Күшін шамалады, шама-шарқына қарай істеді.* **Әддінен асты**. *Шектен шықты, тиісті межеден асты.*

**ӘДЕБИ** [ар. أدبى] сын. **1**. *Өнердің бір түрі ретіндегі әдебиетке қатысты.* **2**. *Әдебиеттануға қатысты, осы ғылым саласымен байланысты.* **3**. *Әдеби шығармаларға қойылатын талаптарға және әдеби тілдің нормаларына сәйкес.*

**Әдеби байланыс**. әдеб. *Ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы.* **Әдеби қызметкер**. *Баспа мекемесі не органының маманы.* **Әдеби мұра**. әдеб. *Көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары.* **Әдеби орта**. *Әдеби шығармашылықпен айналысатын адамдардың бір-бірімен әрекет етуін жүзеге асыратын әлеуметтік жағдай.* **Әдеби өмір**. *Қоғам мен адамның әдебиет аясындағы тіршілігі, әрекеті.* **Әдеби процесс**. әдеб. *Белгілі бір дәуірде сонымен қатар ұлттар мен елдердің, аймақ-тардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.* **Әдеби сын**. әдеб. *Көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы.* **Әдеби тіл**. лингв. *Ауызша және жазбаша түрде қызмет ететін жалпыға бірдей міндетті, дәстүрлі нормасы мен стильдік тармақтары бар жалпыхалықтық тілдің екшелген, өңделген түрі.* **Әдеби шығарма [туынды]**. а) *Белгілі бір мақсаттағы, әдеби тілде жасалған әдеби шығармашылық әрекетінің нәтижесі, әдеби ізденістің, еңбектің жемісі.* ә) *Көркем әдеби шығарма.* **Әдеби шығарма тілі**. филол. а) *Әдеби тілде жасалған туындылардың тілі.* ә) *Көркем әдебиет тілі.* **Әдеби шығармашылық**. *Шығармашылықтың әдеби тілде жасалған туындыларды тудыруға негізделген түрі.*

**ӘДЕБИЕТ** [ир. أدبيات] зат. филол. <лат. litteratura> **1**. *Қандай да бір халықтың, кезеңнің немесе бүкіл адамзаттың ғылыми, көркем, философиялық және т.б. туынды шығармаларының жиынтығы.* **2**. *Сөз, тіл арқылы көркем бейнелер жасайтын өнер түрі.* **3**. *Бір халықтың, ұлттың әдебиет өнеріне қатысты шығармаларының, туындыларының жиынтығы.* **4**. *Гуманитарлық ғылымдар санатына жататын пән атауы.* **5**. *Ғылым немесе білім саласына, мамандыққа қатысты шығармалар жиынтығы.* **6**. ауыс. *Баспа өнімдері.*

**Әдебиет сыны**. әдеб. *Әдеби сын.* **Әдебиет тарихы**. әдеб. *Әдебиеттану ғылымының әдебиеттің даму процесін, ұлттық әдебиеттің өткен кезеңдері мен жекелеген ақын, жазушылардың шығармашылығын зерттейтін негізгі саласы.* **Әдебиет теориясы**. *Сөз өнері табиғатын, оның әдістері мен әдіс-намасын әдеби процеспен рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтарын зерттейтін әдебиеттану ғылымының саласы.* **Әдебиет тілі**. сөйл. ***Әдеби тіл.***

**ӘДЕБИЕТТАНУ** зат. филол. *Әдебиет тарихы, теориясы, сыны туралы ғылым.*

**ӘДЕБИЕТТІК** сын. филол. **1**. *Әдебиет пәніне қатысты, соған тән.* **2**. *Әдеби шығарма түріндегі.*

**ӘДЕБИЕТШІ** зат. филол. **1.** *Әдебиеттану ғылымының маманы, осы ғылымды пән ретінде оқытушы.* **2**. *Әдеби-шығармашылық іспен айналысушы.* **3**. *Әдеби сынмен кәсіби деңгейде айналысушы, әдебиет сыншысы.*

**ӘДЕБИЕТШІЛ** сын. *Көркем әдебиетті жақсы көретін, қыр-сырын жете меңгерген, сүйетін (адам).*

**ӘДЕБИЕТШІЛДІК** зат. *Әдебиетке берілгендік, құштарлық, көркем сөз өнерін жете меңгергендік.*

**ӘДЕБИЕТШІЛІК** зат. *Әдебиет пәнін игерушілік, әдебиетші болушылық.*

**ӘДЕЙІ**[1] үст. **1**. *Біле тұра, қасақана, жорта.* **2.** *Белгілі мақсатпен, арнайы.*

**ӘДЕЙІ**[2] сын. жерг. *Әуейі, есірік.*

**ӘДЕЙІЛЕНІП** үст. сөйл. *Бейімделініп, арналып.*

**ӘДЕЙІЛЕП** үст. **1.** *Біле тұра, қасақана, жорта.* **2.** *Белгілі мақсатпен, арнайылап.*

**ӘДЕЙІЛІК** зат. **1**. *Әдейі істеушілік.* **2.** *Дағдыға, әдетке айналушылық.* **3**. *Жасандылық, бейтабиғилық.*

**ӘДЕЙІН** үст. сөйл. ***Әдейі.***

**ӘДЕЛЕТ** зат. сөйл. ***Әділет.***

**ӘДЕЛЕТСІЗ** сын. сөйл. ***Әділетсіз***.

**ӘДЕЛЕТСІЗДІК** зат. сөйл. ***Әділетсіздік.***

**ӘДЕЛЕТТІ** сын. сөйл. ***Әділетті***.

**ӘДЕЛЕТТІЛІК** зат. сөйл. ***Әділеттілік***.

**ӘДЕЛЕТШІ** зат. сөйл. ***Әділетші.***

**ӘДЕЛЕТШІЛ** сын. сөйл. ***Әділетшіл***.

**ӘДЕМІ** сын. **1**. *Сырт пішінінің келістілігімен, дұрыстылығымен, бояуының, кескінінің тартымдылығымен көзге түсетін (зат, нәрсе).* **2**. *Сұлу, ажарлы, келбетті, көрікті (адам).* **3**. *Көркем, әсем көрінетін (табиғат құбылыстары мен нысандарына қатысты).* **4**. *Әуезділігімен, үйлесімді үнімен, құлаққа жағымды.* **5**. *Хош, жұпар, аңқыған(иіс).* **6**. *Сәнді, жарасымды, келісті.* **7.** *Жанға жайлы, көңілге ұнамды.* **8**. *Қызығы мол, тартымды.* **9.** *Ішкі мазмұнының тереңдігімен, үйлесімімен, толысқандығымен ерекшеленетін.* **10.** *Әсерлі, бейнелі, көркем (сөз, ой).* **11.** *Бабына жеткізілген, дәмді.* **12.** *Жақсы, дұрыс (іс-әрекет туралы).*

**ӘДЕМІЛЕ=** ет. **1.** *Сәндеу, әсемдеу.* **2.** *Әсерлеу, көркемдеу, бедерлеп-бейнелеу, көріктеу.* **3**. *Безендіру, көріктендіру.*

**ӘДЕМІЛЕН=** ет. **1**. *Сәндену, сұлулану.* **2**. *Безендірілу, әшекейлену.* **3**. *Ажарлану, көріктену, құлпыру, өңі кіру.* **4**. *Көркею, жайнау, әсемдену.*

**ӘДЕМІЛЕНДІР=** ет. *Сәндендіру, құлпырту, сұлуландыру.*

**ӘДЕМІЛЕНУ** *Әдемілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘДЕМІЛЕП** үст. сөйл. *Дұрыстап,жақсылап.*

**ӘДЕМІЛЕУ** *Әдеміле етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Сәндеу, әсемдеу, көркейту.* **2**. *Әшекейлеу, безендіру.* **3**. *Нақыштау, көркемдеу.*

**ӘДЕМІЛІК** зат. **1**. *Сүйкімділік, тартымдылық, ұнамдылық.* **2**. *Әсерлілік, үйлесімділік, бедерлілік, нақыштылық.* **3**. эст. *Сұлулық, көркемдік, әсемдік.* **4**. *Жарасымдылық, сәнділік.*

**ӘДЕМІШЕ** сын. *Әдемілеу, өңділеу, реңділеу.*

**ӘДЕМІШІЛІК** з а т. с и р е к. *Сыртқы әсер үшін жағымды, ұнамды көрінушілік.*

**ӘДЕП**[1] [ар. أدب] з а т. **1.** қ о ғ. *Адамдар қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ (мораль) ережелерінің жиынтығы.* **2.** *Тәлім-тәрбие, көргендік.* **3.** *Сыпайы түрпат, жинақы қимыл, жарасымды қозғалыс.* **4.** *Ізеттілік, сыпайылық, сыйластық.* **5.** *Ізет, құрмет.*

**Әдеп бақты**. *Ізет сақтады.* **Әдеп бұзды**. *Шектен шықты.* **Әдеп етті**. *Ізет сақтады, сыпайылық танытты.* **Әдеп жолды аттады**. *Жалпыға ортақ ахлақ ережелерін, салтты бұзды.* **Әдеп жолы**. э т н. *Қазақ қоғамындағы тұрақталып қалыптасқан ахлақ ережелері, ізеттілік нормалары.* **Әдеп жолынан аттады**. *Қалыптасқан ізеттілік нормаларын бұзды, ахлақ ережелерін сақтамады.* **Әдеп көрген**. *Тәлім-тәрбие алған, көргенді.* **Әдеп сақтады**. *Сыпайылық танытты, ізет қылды.* **Әдептен айырылды**. *Ізгіліктен, тәрбиеден қол үзді, сыпайылықты ұмытты.* **Әдептен озбады**. *Шектен шықпады, ізеттілік сақтады.* **Әдеп тұтты**. *Ізеттілік жасады, сыпайылық сақтады.*

**ӘДЕП**[2] ү с т. с ө й л. ***Әдепкі.***

**ӘДЕП-ӘРКЕН** з а т. *Имандылық тәлім-тәрбие.*

**ӘДЕП-ҒҰРЫП** з а т. с ө й л. ***Әдет-ғұрып.***

**ӘДЕП-ИБА** з а т. *Тұрақтанып қалыптасқан ахлақ пен ізгілік нормалары мен ережелері.*

**ӘДЕП-ИБАДАТ** з а т. *Тәрбие көргендік, сыпайылық.*

**ӘДЕПКІ** с ы н. **1.** *Бастапқы, алғашқы, тұңғыш.* **2.** *Бұрынғы, ескі.*

**Әдепкі уақытта [кезде]**. *Бастапқыда, алғашында, әуелде.*

**ӘДЕПКІДЕ** ү с т. *Бастапқыда, алғашқыда, әуелгіде.*

**ӘДЕПКІДЕГІДЕЙ** ү с т. *Бастапқыдағыдай, әдеттегідей, дағды бойынша.*

**ӘДЕПКІДЕЙ** ү с т. *Күндегідей, баяғыша, әдетінше.*

**ӘДЕПСІЗ** с ы н. **1.** *Көргенсіз, тәрбиесіз.* **2.** *Дөрекі, әдеп ережелерін білмейтін, ізет сақтамайтын, сыпайылықтан жұрдай.* **3.** *Имансыз, арсыз, ұятсыз.*

**Әдепсіз ауыз**. б е й н. *Әдеп сақтамайтын, түрпайы сөйлейтін дөрекі адам.* **Әдепсіз сөз**. *Дөрекі, былапыт, ұят, ерсі сөз.*

**ӘДЕПСІЗДЕН=** е т. *Жүгенсіздену, тәртіпсіздену, әдеп сақтамау.*

**ӘДЕПСІЗДЕНУ** *Әдепсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ӘДЕПСІЗДІК** з а т. **1.** *Тұрақталған әдеп ережелері мен нормаларына жат, ерсі қылық.* **2.** *Көргенсіздік, ұятсыздық, тәрбиесіздік.*

**Әдепсіздіктен ада**. *Таза, пәк, он екіде бір гүлі ашылмаған.*

**ӘДЕПТАНУ** з а т. ф и л о с. <грек. ethos> *Ахлақ және оның принциптері, нормалары мен қоғамдағы орны туралы пәлсапалық ілім.*

**ӘДЕПТЕН=** е т. *Әдеп ережелері мен нормаларын ұстану, әдеп сақтау.*

**ӘДЕПТІ** с ы н. **1.** *Қоғамда тұрақталып қалыптасқан әдеп ережелері мен нормаларын берік ұстанатын, әдеп сақтайтын.* **2.** *Қимылы жинақы, қозғалысы жарасымды, сыпайы түрпатты.* **3.** *Тәрбиелі, тәлімді, көргенді.* **4.** *Ізетті, ибалы, инабатты.* **5.** *Биязы, сыпайы, орынды, келісті (сөз).* **6.** а у ы с. *Жайлы, қолға әбден үйретілген, адамның ебін табатын (мал туралы).*

**Әдепті ауыз**. б е й н. *Ахлақ нормаларын, әдеп ережелерін сақтайтын, соны дәріптейтін адам.* **Әдепті әзіл**. *Сыпайы, шектен шықпайтын, әдеп ережелерін сақтап айтылған қалжың сөз.* **Әдепті болды**. *Әдептілік көрсетті, әдептілік танытты.* **Әдепті сөз**. *Сыпайы, биязы, жағымды, жақсы сөз.*

**ӘДЕПТІЛЕН=** е т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Әдепті болғансу, сырт көзге әдепті көрінгенсу.*

**ӘДЕПТІЛІК** з а т. қ о ғ.-ә л е у м. **1.** *Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында ерекше орын алған белгілі бір ахлақ нормалары мен принциптерін бұлжытпай орындау.* **2.** *Сыпайылық, биязылық, жұмсақтық.* **3.** *Ізеттілік, тәрбиелілік, көргенділік.*

**Әдептілік істеді [сақтады]**. *Ізеттілік қылды, сыпайылық, тәрбиелілік танытты.*

**ӘДЕТ** [ар. عادة] з а т. **1.** *Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, бойға біткен үйреншікті қылық, іс-әрекет.* **2.** қ о ғ. *Дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп, дағды.*

**Әдет бойынша**. *Қалыптасқан дәстүрге сәйкес.* **Әдет болды.** *Дағдыға айналды, әдеттенді.* **Әдет етті [қылды]**. *Дағдыланды, дәстүрге айналдырды.* **Әдетке айналды**. *Тұрақталды, күнделікті дағдылы әрекетке айналды.* **Әдетке айналдырды**. *Дәстүр етті, әдет қылды.*

**ӘДЕТ-ҒҰРЫП** з а т. қ о ғ.-ә л е у м. *Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжымас қағидаларына айналған жөн- жосық, жол-жоралғы.*

**Әдет-ғұрып жосындары**. қ о ғ.-ә л е у м. *Байырғыдан келе жатқан қазақ қоғамындағы ерекше мәдени құбылыс болып табылатын дәстүрлі құқықтық жүйе, әдет-ғұрып нормалары.*

**ӘДЕТ-ДАҒДЫ** з а т. п с и х о л. *Алғашында саналы орындауды қажет етіп, әрекеттің жаттығы беру нәтижесінде қалыптасқан, үйреншікті болып кеткен, санаға тәуелсіз түрдегі қажеттілікке айналған тұрақты дағдының жиынтық атауы.*

**ӘДЕТ-ДӘСТҮР** з а т. *Тарихи түрғыда қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын дағдылы әрекет пен мінез-құлық нысандары.*

**ӘДЕТКІ** с ы н. *Әдетке айналған, үйреншікті, дағдылы.*

**ӘДЕТ-САЛТ** з а т. *Халықтың кәсіп, сенім, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отыратын дағдылар мен дәстүр.*

**Әдет-салт айтысы.** ф о л ь к. *Әдет-ғұрып, салт дәстүрмен байланысты ауызша сөз өнерінің бір жанры.*

**ӘДЕТТЕ** ү с т. *Дағды бойынша, үйреншікті дәстүрмен, ылғи.*

**ӘДЕТТЕГІ** с ы н. **1.** *Жайшылықтағы, бұрынғы, дағдылы, қалыпты.* **2.** *Үйреншікті, күнделікті.* **3.** *Бұрыннан белгілі, қалыптасып қалған.* **4.** *Қарапайым, жай, белгілі нұсқадай.*

**ӘДЕТТЕГІДЕЙ** с ы н. *Жайшылықтағыдай, қалыптағыдай, бұрынғыдай.*

**ӘДЕТТЕГІШЕ** ү с т. *Жайшылықтағыша, бұрынғыша, қалыптағыша.*

**ӘДЕТТЕН=** е т. *Дағдылану, машықтану, әдетке айналдыру.*

**ӘДЕТТЕНДІР=** е т. *Машықтандыру, үйрету.*

**ӘДЕТТЕНДІРУ** *Әдеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘДЕТТЕНУ** *Әдеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘДЕТТІ** с ы н. *Дағдылы, үйреншікті, қалыпты.*

**ӘДЕТІНШЕ** ү с т. **1.** *Өзіне біткен дағды бойынша, бұрынғысынша.* **2.** *Қалыптасқан халық дәстүрі, әдеті бойынша.*

**ӘДИСА** [ир. حديث] з а т. к ө н е. **1.** *Құпия, сыр.* **2.** *Кездейсоқ оқиға, таңғажайып оқиға; хикая.*

**ӘДИЯ** з а т. е с к і к і т. *Сый, сыйлық.*

**ӘДИЯЛ** [ор. одеяло] з а т. с ө й л. *Жамылатын немесе төсек-орынды жауып қоятын жеңіл, жылы жамылғы.*

**ӘДІ** з а т. с ө й л. ***Әдді.***

**ӘДІЛ** [ар. عادل] с ы н. **1.** *Шындық сүйгіш, алалық жасамай, ақиқатқа сәйкес әрекететін.* **2.** *Турашыл, әділетті, шыншыл.* **3.** *Адал, таза, жалғандықты білмейтін.* **4.** *Ақиқатқа, шындыққа сәйкес, тура, жөн, дұрыс.* **5.** қ о ғ-ә л е у м. *Әділеттілік талаптарына негізделген, ахлақ (мораль) пен құқық нормаларына сәйкес.* **6.** *Бәріне бірдей, тең мүмкіндік беретін.*

**Әділ баға**. *Біреудің еңбегінің, өнерінің, талабының іс-қимыл, ойы мен сөзінің шынайы, дұрыс парқы.* **Әділ болды**. *Адамгершілік талаптарын ұстанды, ахлақ нормаларын берік сақтанды, турашыл, шыншыл болды.* **Әділ жаза**. *Айып, кінәсына қарай қоғамдық ахлақ принциптері мен адамгершілік талаптарына сәйкес қойылған дұрыс, шынайы жаза.* **Әділ жаннан түңілтті**. б е й н. *Үмітін үздіртті, дүниеден безгіртті, баз кештіртті.* **Әділ жол**. *Адамгершілік пен қоғамдық ахлақ талаптарымен үйлескен даму бағыты.* **Әділ жүрек**. б е й н. *Адал, турашыл, шыншыл таза көңіл.* **Әділ заман**. *Әділетті дәуір, қоғам.* **Әділ күн.** э к о н. *Актив айырбасталатын, міндеттеме бойынша есеп айырысу жүргізілетін немесе жақсы хабардар етілген, осындай операцияларды жасауға ниетті тәуелсіз тараптар арасында операциялар жасау кезінде ұсынылған үлестік құралдар айырбасталатын сома.* **Әділ қылды**. *Турашыл, шындықсүйгіш етті.* **Әділ сөз**. *Дұрыс, тура, шыншыл, әділетті айтылған сөз.* **Әділ тез [таразы]**. б е й н. *Турашыл, шыншыл талқы, әділетті бағалау, ақ-қарасын айырып беретін адал сын.* **Әділ іс**. *Әділеттік жолындағы дұрыс, адал әрекет.*

**ӘДІЛДІК** з а т. қ о ғ.-ә л е у м. **1.** *Әділ болушылық, шындық сүйгіштік, алалықтан ада болушылық, туралық.* **2.** ***Әділеттік.***

**ӘДІЛЕТ** [ар. عدالة] з а т. қ о ғ.-ә л е у м. **1.** *Қоғам өміріндегі адамдық қарым-қатынас, заңмен тәртіп, құқықтар мен міндеттер, қоғамдық, табиғи мүліктің бөлінісі сияқты т.б. әлеуметтік маңызды тіректердің тұрақты қалыптасқан ахлақ нормаларына сәйкестігі.* **2.** *Шындық, дұрыстық, туралық, әділдік.*

**Әділет басқармасы**. қ о ғ.-с а я с и. *Сот ісімен айналысатын мемлекеттік мекеме жүйесінің басқару органы.* **Әділет жолы**. б е й н. а) *Әділдікті ұстанатын, ахлақ нормаларына, адамгершілік талаптарына сай келетін бағыт, тәсіл.* ә) *Әділ, тура шешім, дұрыс бағыт, оң ниет.* **Әділет министрлігі**. қ о ғ.-с а я с и. з а ң. *Сот ісімен айналысатын мемлекеттік мекемелер жүйесін басқаратын мемлекеттің орталық органы.* **Әділет соты**. п о э т. *Әділдіктің, адамдықтың парқын ажыратып беретін сот.* **Әділет туы**. б е й н. *Әділетті жақтаушылардың символы.* **Әділет ұраны**. п о э т. *Әділеттілікті жақтаушы, әділетке шақырушы ұран.*

**ӘДІЛЕТСІЗ** с ы н. **1.** *Әділдігі жоқ, қиянатшыл.* **2.** қ о ғ.-ә л е у м. *Тұрақтанған қоғамдық ахлақ нормаларына қайшы.* **3.** *Бәріне бірдей емес, теңдігі жоқ (заман, тағдыр т.б.).* **4.** *Әділдікті білмейтін, алалықпен қарайтын (адам).* **5.** *Шындыққа қайшы, орынсыз.*

**ӘДІЛЕТСІЗДІК** з а т. **1.** *Қиянатшылдық,*

*озбырлық*. **2.** *Бұрыстық, орынсыздық*. **3**. *Теңсіздік, алалық*.

**ӘДІЛЕТТІ** сын. *Әділетті жақтайтын, турашыл, қайырлы*.

**ӘДІЛЕТТІК** зат. **1**. *Әділдік, алалықсыз қатынас, дұрыстық, шындық*. **2.** *Тұрақталған ахлақ нормаларына, имандылық шарттарына сәйкестік*.

**ӘДІЛЕТТІЛІК** зат. қоғ.-әлеум. **1**. *Әділетті болушылық, әділеттік жолын ұстаушылық*. **2.** *Ахлақ нормаларына сәйкес адамдық және қоғамдық қатынас ақиқаты, шындық*.

**ӘДІЛЕТ-ШЫНДЫҚ** зат. *Теңдік пен ақиқат, адалдық пен туралық, әділдік пен дұрыстық*.

**ӘДІЛЕТШІ** зат. *Әділетті жақтаушы*.

**ӘДІЛЕТШІЛ** сын. *Турашыл, ақиқатшыл*.

**ӘДІЛЕТШІЛІК** зат. сөйл. ***Әділеттік***.

**ӘДІЛСІЗ** сын. **1**. *Бұрыс, өтірік, орынсыз, жалған*. **2**. *Әділдікті білмейтін, алалықпен қарайтын*. **3**. *Теңсіз, бірдей емес, тең емес*.

**ӘДІЛСІЗДІК** зат. сөйл. ***Әділетсіздік***.

**ӘДІЛШІЛІК** зат. сөйл. ***Әділеттілік***.

**ӘДІЛІМСІ=** ет. сөйл. *Әділ болғансу*.

**ӘДІП** зат. этн. *Киімнің етек-жеңіне, өңіріне, айналасына жиектеп салынған көмкерме*.

**ӘДІПҚҰЙРЫҚ** зат. зоол. *Ұсақ балықтың бір түрі*.

**ӘДІПТЕ=** ет. этн. *Әдіп салу, әдіп жүргізу, көмкермелеу*.

**ӘДІПТЕЛ=** ет. *Бастырылып, көмкерілу*.

**ӘДІПТЕМЕ**: ***әдіптеме ұйқас***. әдеб. *Өлеңдегі ұйқас сөздерден кейін қайталанып отыратын қосақ сөз не болмаса сөз тізбегі, редиф*.

**ӘДІПТЕТ=** ет. *Әдіп салдырту, көмкерту*.

**ӘДІПТІ** сын. *Әдіп салынған, әдібі бар, көмкермелі*.

**ӘДІРА**: **әдіра қалды.** сөйл. ***Адыра қалды***.

**ӘДІРЕМ**: **әдірем қал.** сөйл. қарғ. ***Адыра қал***.

**ӘДІРЕС** зат. көне. *Жұқа, қымбат матаның бір түрі*.

**ӘДІРЕТ** зат. жерг. *Өнеге, ғибрат*.

**ӘДІРІС** зат. сөйл. ***Мекенжай***.

**ӘДІС** зат. **1**. *Қандай да бір әрекетті жүзеге асырудың тәсілі немесе тәсілдерінің жүйесі, орындау амалы, жолы*. **2**. терм. <грек. methodos> *Қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің амалы, жолы*.

**Әдісін алды**. *Машықтанды, дағдыланды*.

**ӘДІС-АЙЛА** зат. *Қандай да бір әрекетті орындаудың тәсілдері мен айласы, амал шарғысы*.

**ӘДІСКЕР**[1] зат. **1**. пед. *Оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы білетін оқытушы*. **2**. *Қандай да бір мамандықтың, кәсіптің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген адам*.

**ӘДІСКЕР**[2] сын. *Әдісқой, тәсілшіл, тәсілқой*.

**ӘДІСҚОЙ** сын. *Айлакер, тәсілқой*.

**ӘДІСҚОЙЛЫҚ** зат. *Айлакерлік, тәсілқойлық, әдіскерлік*.

**ӘДІСНАМА** зат. терм. <грек. methodos – әдіс, logos – ілім> *Ақиқат дүниені ғылыми тұрғыдан зерттеп тануда қолданылатын әдіс- тәсілдердің жүйесі*.

**ӘДІСНАМАЛЫҚ** сын. терм. *Әдіснамасын құрайтын, әдіснамаға қатысты*.

**ӘДІС-ТӘСІЛ** зат. **1**. пед. *Оқу материалын меңгертудің, тәрбиелеудің амалы, жолы, тиімді тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы*. **2**. *Ғылыми зерттеу жүгізудің амалдары, әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы*.

**ӘДІСТЕМЕ** зат. **1**. терм. *Бір нәрсені іс жүзіне асыруда қолданылатын әдіс, тәсілдердің жиынтығы*. **2.** пед. *Белгілі бір ғылымды оқытудың, білім жүйесін меңгерудің әдістері туралы ілім, педагогиканың бір саласы*.

**ӘДІСТЕН=** ет. *Машықтану, әккі болу, төселу, әдісін алу*.

**ӘДІСТЕНУ** *Әдістен етістігінің қимыл атауы*.

**ӘДІСТЕС** сын. *Әдіс-амалға төселген, сыралғы, айлакер, амалшыл*.

**ӘДІСТІ** сын. *Айлалы, тәсілқой*.

**ӘДІСШІЛ** сын. *Айлакер, амал тапқыш*.

**ӘДІСШІЛДІК** зат. *Әдісқойлық, өнертапқыштық, тәсілқойлық*.

**ӘДІСІНШЕ** үст. *Әдісі бойынша*.

**ӘЖӘЙӘД** зат. көне. ескікіт. *Қиындық*.

**ӘЖДАҺА** зат. сөйл. ***Аждаһа***.

**ӘЖЕ** зат. **1**. *Әкесінің, сондай-ақ анасының шешесі, үлкен шеше*. **2.** *Жасы ұлғайған әйелге құрметпен айтылатын қаратпа атауыш*.

**Әже болды**. *Қартайып, кемпір болды*.

**ӘЖЕДЕЙ** сын. *Әже сияқты, әже тәрізді*.

**ӘЖЕЙ** зат. *Жасы үлкен әйелге құрметтеу мағынасында айтылатын атауыш сөз*.

**ӘЖЕКЕ** зат. сөйл. экспр. *Жасы ұлкен әйел адамға еркелеу мағынасында айтылатын атауыш сөз*.

**ӘЖЕЛЕ=** ет. **1**. *Әжесіне немесе әжесі қатарлас әйел адамға әже-әже деу*. **2**. *Әже-әже деп өтіну, жалыну*.

**ӘЖЕЛІК** сын. *Әжеге лайық, әжеге тән*.

**ӘЖЕП** зат. ескікіт. ***Ғажап***.

**Әжеп болды**. *Лайықсыз, орынсыз болды*. **Әжеп қалды**. *Таңырқады, таң-тамашаға түсті*.

**ӘЖЕПТАРҚЫ** сын. жерг. *Тосын шыққан, қатты*.

**ӘЖЕПТӘУІР** сын. **1**. *Тәп-тәуір, жап-жақсы, кәдімгідей*. **2**. *Бірталай, бірсыпыра, біршама, бірқатар, едәуір*.

**ӘЖЕПТЕУІР** сын. сөйл. ***Әжептәуір***.

**ӘЖЕТ**[1] зат. ескікіт. ***Қажет***.

**Әжетке жарады [жетті]**. а) *Ер жетіп, қолғанат болды*. ә) *Кәдеге асты, қажетін өтеді*. **Әжет шығарды**. *Көмектесті, жәрдемдесті*.

**ӘЖЕТ**[2] [ар. حاجة] зат. сөйл. ***Әдет***.

**ӘЖЕТАЙ** зат. экспр. *Әжесінен немесе жасы сол түстас адамнан бір нәрсені жалына сұрағанда, құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш*.

**ӘЖЕТАЙЛА=** ет. *Әжетай, әжетай деп жалынып-жалбарыну, сұрап-өтіну*.

**ӘЖЕТХАНА** [ар.+ир. حاجة – خانه] зат. сөйл. ***Дәретхана***.

**ӘЖИНЕ** [ар. جنة] зат. сөйл. *Азғын, жексұрын, сұмырай*.

**ӘЖИНЕДЕЙ** сын. *Ұсқынсыз, түрі келіспеген*.

**ӘЖМАИН** ес. діни. *Барлығы, баршасы, бәрі*.

**ӘЖУА** [ар. هجو] зат. сөйл. ***Ажуа***.

**Әжуа етті [қылды]**. *Әжуалады, күлкі етті, мысқылдады*.

**ӘЖУАЛА=** ет. сөйл. ***Ажуала***.

**ӘЖУАЛАУ** *Әжуала етістігінің қимыл атауы*.

**ӘЖУАЛЫ** сын. сөйл. ***Ажуалы***.

**ӘЖУА-МАЗАҚ** зат. *Әзіл-келеке, күлкі-сықақ*.

**ӘЖУА-СЫҚАҚ** зат. ***Күлкі-мазақ***.

**ӘЖУАШЫЛ** сын. сөйл. ***Ажуашыл***.

**ӘЖУЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Ажуала***.

**ӘЖҮ** зат. көне. *Салмағы ауыр шоқпар, соғыс қаруының бір түрі*.

**ӘЖІ** зат. сөйл. жерг. ***Қажы***.

**ӘЖІК** зат. өс. <лат. draba> *Шатыр-ша гүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөлді жерде өсетін шөптесін өсімдіктер туысы*.

**ӘЖІК-БҮЖІК** зат. сөйл. ***Әжік-күжік***.

**ӘЖІК-КҮЖІК** зат. сөйл. *Анау-мынау, ұсақ-түйек*.

**ӘЖІЛІК** зат. сөйл. ***Қажылық***.

**ӘЖІМ** зат. *Адамның бетіне, денесіне түскен қатпар, сызық*.

**Әжім басты**. *Бетіне қатпар түсті, айқыш-ұйқыш сызық түсті*. **Әжім кірді [түсті, енді]**. *Беті әжімденді*. **Әжім салды [түсірді]**. *Әжімдендірді, әжім түсірді*. **Әжім шалды**. *Әжім түсті, әжімденді*.

**ӘЖІМ-ӘЖІМ** сын. **1**. *Әжімі көп, әжімденген*. **2**. ауыс. *Қатпар-қатпар, сызық-сызық*.

**ӘЖІМДЕ=** ет. **1**. *Әжім салу, әжім түсіру*. **2**. ауыс. *Айқыш-ұйқыш ету*.

**ӘЖІМДЕЙ** сын. *Әжім сияқты, әжім тәрізді*.

**ӘЖІМДЕЛ=** ет. *Сыртқы әсердің салдарынан бет, дене терісінің қатпарлануы, әжім түсуі*.

**ӘЖІМДЕН=** ет. *Бет, дене терісіне әжім түсу, қатпарлану*.

**ӘЖІМДЕНУ** *Әжімден етістігінің қимыл атауы*.

**ӘЖІМДІ** сын. **1**. *Әжім түскен, әжімі көп, қатпарланған*. **2**. ауыс. *Қыртысты, қатпарлы, айқыш-ұйқыш, кедір бұдыр*.

**ӘЖІМСІЗ** сын. *Әжімі жоқ, әжім түспеген*.

**ӘЖІР** зат. көне. *Сауап, сыйлық, разылық*.

**ӘЖІРЕК** зат. сөйл. ***Ажырық***.

**ӘЖІРЕҢДЕ=** ет. сөйл. *Ажырақ-ажырақ ету, едіреңдеу*.

**ӘЖІТМАҒЫ** зат. ескікіт. **Әлеумет.**

**ӘЗ**[1] сын. *Соқыр, көр*.

**Әз атқыр**. қарғ. *Әз бол, көр соқыр бол деген мағынада*. **Әз атты**. *Әз болды, соқыр болды*. **Әз болды**. *Көрмей қалды, соқыр болды*.

**ӘЗ**[2] [ар. عزّ – عزّ] сын. **1.** *Ғазиз, ардақты, сыйлы, жақсы*. **2**. *Қасиетті, киелі*. **3**. ауыс. *Көне, бұрынғы*.

**Әз аға**. *Ардақты, құрметті, сыйлы аға*. **Әз Жәнібек**. тар. *Әділ өкім жүргізуші ұлы мәртебелі Жәнібек [Жәнібек Әбу Сайд (15 ғ. басы–1470 ж) – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі. Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның ұрпағы. 1457–1457 жж. туысы Керейханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған, Қазақ хандығының құрылу процесіне толық қатынасып басшылық еткен тарихи тұлға]*. **Әз көрді**. *Рақаттанды, жайлылық сезінді, жақсы көрді*. **Әз Тәуке**. тар. *Әділ өкім жүргізуші ұлы мәртебелі Тәуке хан [Тәуке хан – 1680–1715 жылдары хан тағына отырып, Қазақ хандығын күшейтуге ерекше күш салған тұлға]*. **Әз тұтты**. *Қадір тұтты, ардақтады, сыйлады*.

**ӘЗАЛ** үст. ескікіт. *Бұрын*.

**ӘЗАЛДА** үст. сөйл. ***Әзелде***.

**ӘЗӘЗІЛ** [ар. عزازيل] зат. **1.** діни. *Ібілістің көктен құлап, қуылғанға дейін пері болған кезіндегі бұрынғы аты, азғырушы шайтан*. **2.** ауыс. *Рухани азған, әзәзілдің алдауына еріп кеткен адам*.

**Әзәзіл болды**. *Арандатып, жаманшылыққа итермеледі, азғырушы болды*.

**ӘЗӘЗІЛДЕЙ** сын. *Әзәзіл сияқты, әзәзіл тәрізді*.

**ӘЗӘЗІЛДІК** зат. *Азғындатушылық, аздырушылық, екіжүзділік, опасыздық*.

**ӘЗӘЗІЛШЕ** үст. *Әзәзіл сияқтанып, әзәзілге ұқсап*.

**ӘЗӘЛДАН** үст. сөйл. ***Әзелден.***

**ӘЗӘЛИ** [ар. ازلي] сын. ескікіт. *Мәңгі, мәңгілік, жойылмайтын, өмірлік.*

**ӘЗДЕК** зат. экспр. *Ерке-шолжаң*, кесір, кінәмшіл.

**Әздек болды**. *Ерке болды, шолжаңдады.*

**ӘЗДЕКТЕ=** ет. *Еркелету, әздек ету.*

**ӘЗДЕКТЕН=** ет. *Есерлену, есіру, есінен тану.*

**ӘЗДІК**[1] зат. *Қадір-қасиеттілік, ардақтылық, жақсылық.*

**ӘЗДІК**[2] зат. *Соқырлық, загиптық.*

**ӘЗЕГЕН** сын. көне. жерг. *Көреген.*

**ӘЗЕЗІЛ** зат. сөйл. ***Әзәзіл.***

**ӘЗЕЗІЛШЕ** үст. сөйл. ***Әзәзілше.***

**ӘЗЕЛ** сын. ескікіт. *Ғазиз, қимас.*

**ӘЗЕЛ** сын. ескікіт. **1.** *Мәңгілік, бақилық;* **2.** *Басында, әуелде.*

**ӘЗЕЛДЕ** [ар. ازلْ] үст. *Әуелде, баяғыда, о баста.*

**ӘЗЕЛДЕН** үст. *Ежелден, баяғыдан, о бастан, бұрыннан.*

**ӘЗЕР** үст. *Әрең дегенде, зорға.*

**Әзер болса**. *Ең құрыса, көп болса, әрі кетсе.* **Әзер дегенде**. *Зорға, әрең-әрең, өліп-талып.*

**ӘЗЕР-ӘЗЕР** үст. *Зорға, әрең-әрең.*

**ӘЗЕРЛЕП** үст. сөйл. *Зорға, өліп-талып, әрең.*

**ӘЗЕР-МӘЗЕР** үст. сөйл. *Зорға дегенде, әрең-әрең.*

**ӘЗЕТ**: **әзет болса**. сөйл. *Көп болса, әрі кетсе.*

**ӘЗЕТ-ҚАҚПЫШ** зат. этн. тамақ. *Тілімденбей, осылмай сүрленген құйрық май, сүбе.*

**ӘЗИЗ** сын. сөйл. ***Әзіз.***

**ӘЗІЗ** [ар. عزيز] сын. *Ардақты, қадірлі, құрметті, аяулы.*

**Әзіз ана**. поэт. *Ардақты әйел, мейірімді, қадірлі шеше, қасиетті ана.* **Әзіз бас [жан]**. *Көтермелеу мақсатында айтылатын қимас жан, сыйлы басым мәніндегі қолданыс.*

**ӘЗІЗЛЕН=** ет. ескікіт. *Құрмет көру, ардақталу, қадірлену.*

**ӘЗІЛ** [ар. هزل] зат. **1**. *Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз немесе жасалатын күлдіргі әрекет, қалжың.* **2**. *Бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату және т.б. мақсаттары үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі немесе қылығы.* **3**. этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қатарлас, құрдас немесе белгілі бір туыстық қатынастағы адамдар арасында орынды саналатын өзара сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген қарым-қатынас түрі.* **4**. ауыс. *Қызық, думан, бос күлкі.*

**Әзіл айтты.** *Әзілдеді, қалжыңдады.* **Әзілге айналдырды [шаптырды, қарай бұрды]**. *Өз пікірін, дітін күлкілі сөз, ойын, қалжың түрінде жеткізді.* **Әзілге ұста [оралымды]**. *Әзіл айтуға шебер, сөз тапқыш.* **Әзілді қыздырды**. бейн. *Әзіл-оспақ, қалжыңды жандандырып, үдетті.* **Әзіл етті [қылды].** *Ойын-күлкіге айналдырды.* **Әзіл жүгіртті**. бейн. *Өзара әзіл айтысып, сөз қағыстырды.* **Әзіл көтермеді**. *Қалжыңды, ойынмен айтылған сөзді түсінбей немесе астарына келіспей ренжіді.* **Әзіл орта**. *Әзіл-қалжың айтылған қауым.* **Әзіл сөз**. а) *Ойнап айтылған зілсіз қалжың сөз.* ә) *Астарлы күлкілі түрде айтылған шындық, сын.* **Әзіл тастады**. *Қалжың сөзбен түйреп немесе күлдіргі қылығымен әзілдесуге шақырды.* **Әзілі жарасты**. *Бір-біріне айтқан ойын сөзі келісті.*

**ӘЗІЛ-ӘЖУА** зат. *Әзіл-оспақ, қалжың.*

**ӘЗІЛГӨЙ** сын. сөйл. ***Әзілқой.***

**ӘЗІЛДЕ=** ет. *Зілсіз, қалжың сөз айту, ойнау, ойнап-күлу, күлдіргі қылық көрсету.*

**ӘЗІЛДЕГЕНСУ** *Әзілдегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЗІЛДЕГЕНСІ=** ет. *Қалжыңдағансу, ойнағансу.*

**ӘЗІЛДЕГІШ** сын. *Қалжыңдағыш, әзілге бейім.*

**ӘЗІЛДЕС=** ет. *Қалжыңдасу, сөздері жарасу.*

**ӘЗІЛДЕС** сын. *Әзілдері жарасқан, көңілі жақын.*

**ӘЗІЛДЕСУ** *Әзілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЗІЛДЕУ** *Әзілде етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЗІЛДІ** сын. **1**. *Күлкілі, астарлы, қалжың аралас.* **2.** *Әзілі көп, жиі әзілдесетін.*

**ӘЗІЛКЕШ** сын. сөйл. *Қу тілді, қалжың әңгіме айтқыш.*

**ӘЗІЛКЕШТІК** зат. сөйл. *Қу тілділік, қалжыңқойлық.*

**ӘЗІЛ-КҮЛКІ** зат. *Қалжың-ойыны аралас сөз, әжуа-сықақ.*

**ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢ** зат. *Ойын-күлкі, әзіл мен жеңіл әжуа.*

**ӘЗІЛҚОЙ** сын. *Әзіл-қалжыңға жаны құмар, қуақы, күлдіргіш.*

**ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ** зат. *Қалжыңбастық, әзілкештік, әзілге бейімдік.*

**ӘЗІЛҚҰМАР** [ар. هزل – قمار] сын. *Әзілдескіш, әзілкеш, әзілқой.*

**ӘЗІЛ-МАЗАҚ** зат. *Әзілдеп айтылған мысқыл, әзіл-әжуа.*

**ӘЗІЛ-МӘЗІЛ** зат. сөйл. *Бос күлкі, қалжың.* **Әзіл-мәзіл етті**. *Қылжақтады, қырындады.*

**ӘЗІЛ-НАЗ** зат. *Әдемі, тартымды қалжың, жеңіл базына аралас әзіл.*

**ӘЗІЛ-ОЙЫН** зат. *Күлдіргі қылықты, әрекеті аралас қалжың сөз.*

**ӘЗІЛ-ОСПАҚ** зат. *Астарлы қағытпа сөзді әжуа аралас күлдіргі қалжың мен қылық.*

**ӘЗІЛ-ОСПАҚСЫЗ** сын. *Ойын-қалжыңсыз, астарсыз.*

**ӘЗІЛ-ӨКПЕ** зат. *Астарында реніш пен базынасы жасырылған күлдіргі сөз, қалжың.*

**ӘЗІЛ-САУЫҚ** зат. *Қалжыңы, күлдіргі сөзі аралас, көңіл көтеретін думанды жиын.*

**ӘЗІЛСУРЕТ** зат. өнер. *Нәрсенің, адамның сыртқы кейпін сақтай отырып, өзіне ғана тән сипаттық ерекшелігін әсірелей көрсететін әзіл-сықақ бейнесі.*

**ӘЗІЛ-СЫҚАҚ** зат. *Кекесін, мысқылы аралас қалжың, әзіл-мазақ.*

**ӘЗІЛ-СЫҢҚЫЛ** зат. сөйл. *Күлдіргі сөз, ойын-қалжың күлкісі.*

**ӘЗІЛСІЗ** сын. **1**. *Қалжыңсыз, ойын-күлкісіз.* **2**. ауыс. *Сөзі астарсыз, тым тура, көңілтартар емес.*

**ӘЗІЛШЕҢ** сын. сөйл. ***Әзілқой.***

**ӘЗІЛ-ШЫН**: **әзіл-шыны аралас**. *Ойын-шыны, өтірік-расы, қалжың-оспағы бар.*

**ӘЗІЛШІ** зат. сөйл. *Әзілшіл, әзілқой, қалжыңбас адам.*

**ӘЗІЛШІЛ** сын. *Қалжыңқой, күлдіргі.*

**ӘЗІМ** зат. ескікіт. *Күш, жігер.*

**ӘЗІР**[1] [ар. حاضر] үст. *Қазір, дәл осы уақытта.*

**ӘЗІР**[2] сын. *Дайын, даяр.*

**Әзір болды**. *Дайын болды.* **Әзірге мәзір**. а) *Дайын күйінде, әзірленген іске тап келетін.* ә) жағымсыз. *Біткен істің үстінен түсетін, дайынға, біреудің дайындап қойғанына құмар.* **Әзір етті [қылды]**. *Дайындады.* **Әзір тамақ, әзір ас**. жағымсыз. *Дайын ішіп-жемге үйренген, арамтамақ.*

**ӘЗІРГЕ** үст. *Қазірге, дәл осы уақытта, осыған дейін, әзірше.*

**ӘЗІРГІ** сын. **1**. *Бүгінге дейінгі, осы уақытқа дейінгі.* **2**. *Қазіргі, осы уақыттағы.*

**ӘЗІРДЕ** үст. *Уақытта, мезетте, сәтте, кезде.*

**ӘЗІРДЕЙ** сын. *Дап-дайын тұрғандай.*

**ӘЗІРЕЙЛІ** зат. сөйл. **1**. ***Әзірейіл.*** **2**. ауыс. *Қаталдығы үрей тудыратын жауыз, қатыгез адам.*

**ӘЗІРЕЙІЛ** [ар. عز رائيل] зат. діни. *Аллаға ең жақын періштелердің ішіндегі жан алғыш періште.*

**ӘЗІРЕЙІЛДЕЙ** сын. **1**. *Әзірейіл сияқты, Әзірейіл тәрізді.* **2**. ауыс. *Адам шошырлық алып денелі.* **3**. ауыс. *Қорқынышты, үрей тудыратындай.*

**Әзірейілдей көрді**. *Бейне бір жан алғышты көргендей қорықты, жақтырмады.* **Әзірейілдей тиді**. *Жанын алды, қырғын салды.*

**ӘЗІРЕЙІЛШЕ** үст. *Қаталдықпен, қаһарланып.*

**ӘЗІРЕТ** [ар. حضرت] зат. **1**. тар. *Жарықтық, әулие немесе ағзам, ұлы мәртебелі деген мағынада пайғамбарлар мен пірлердің, әмір мен сұлтандардың атына, титулына қосылып айтылатын құрметті атақ.* **2**. діни. сөйл. *Дінбасы, молда, имам.* **3**. ауыс. *Киелі, қасиетті аруақ, пір немесе соның моласы, қасиетті саналатын мекені, орны.*

**Әзірет Әлі**. *Ұлы мәртебелі, «нағыз әулие» Әлі [Әлі-Әбу-л-Хасан әл-Мұртаза (661 ж. қайтыс болды) – ислам діліндегі «әділ халифтердің» төртіншісі және соңғысы, Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, қазақтардың арасында Ә з і р е т Ә л і (Ғазіреті Ғали, Әзіреті Әлі) тұлғасында аталып, үлкен құрмет білдіріледі].* **Әзірет Сұлтан**. *Әулие, жарықтық сұлтан деген мағынадағы Қожа Ахмет Ясауидің теңеуі [Қожа Ахмет Ясауи – шамамен 1093 (кейбір деректерде 1103, 1041 ж.) жылы дүниеге келіп, 1166 жылы Түркістанда (Иасыда ) қайтыс болған Ислам дінінің көрнекті жаршысы, ақын, «Екінші Әулие», «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауиге арнап ӘмірТемірдің Түркістан қаласында салдырған кесенесі – бүкіл түркі жұрты, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны].* **Әзіреттен ант ішті**. көне. *Пірге, әулиеге, киеге сыйынып, уәде берді, ант етті.* **Әзірет шері**. көне. *Арыстандай мықты, киесі қуатты әулие, пір.*

**ӘЗІРЕТІ** зат. діни. ескікіт. *Жоғары мәртебелі (пайғамбарлардың, имамдардың есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ).*

**Әзіреті Әлінің күші**. діни. *Асқан құдіретті, киелі қуат.*

**ӘЗІРЛЕ =** ет. **1**. *Даярлау, қамдау.* **2**. *Пісіру, ас дайындау.*

**ӘЗІРЛЕН=** ет. **1**. *Сайлану, қамдану, дайындық жасау.* **2**. ресми. *Дайындалу, жүйелену, жинақталу, жазылу, талқыға қойылу.* **3**. терм. *Жасалу, шығарылу, зерттелу, құрастырылу.* **4**. *Пісірілу, астың дайындалуы.*

**ӘЗІРЛЕНУ** *Әзірлен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сайлану, қамдану, дайындық жасау.* **2.** терм. *Жасалу, шығарылу, құрастырылу.*

**ӘЗІРЛЕС=** ет. **1.** *Дайындасу, жасасу.* **2**. *Ас дайындасу, пісірісу.*

**ӘЗІРЛЕТ =** ет. **1.** *Дайындық жасату, қамдату, сайлату.* **2**. *Жасату, құрастыру, шығарту.* **3**. *Тамақ дайындату, пісірту.*

**ӘЗІРЛЕТУ** *Әзірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЗІРЛЕТТІР =** ет. *Дайындатқызу, дайындеткізу, сайлаттыру.*

**ӘЗІРЛЕТТІРУ** *Әзірлеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЗІРЛЕУ** *Әзірле етістігінің қимыл атауы.* 1. *Сайлау, қамдау, дайындық жасау.* 2. ресми. *Жинақтау, жазу, талқыға қою, жүйелеу.* 3. терм. *Жасау, шығару, зерттеу, құрастыру.* 4. *Ас дайындау, пісіру.*

**ӘЗІРЛЕУШІ** зат. *Дайындаушы, даяр етуші, құрастырушы, жасаушы, қамдаушы.*

**ӘЗІРЛІК** зат. *Даярлық, дайындық.*

**ӘЗІРЛІКСІЗ** сын. *Дайындықсыз, қамсыз.*

**ӘЗІРШЕ** үст. 1. *Дәл осы уақытта, қазіргі кезде, қазірше.* 2. *Уақытша, түпкілікті емес; қайтып көріскенше.*

**ӘЗІРШІЛ** сын. *Қашанда әзір, ылғи дайын тұратын.*

**ӘЗІРІНЕ** үст. сөйл. *Әзірше, уақытша.*

**ӘЗІРІНШЕ** үст. сөйл. ***Әзірше.***

**ӘЙ** од. 1. *Беймәлім адамның кім екендігін білу үшін айтылатын одағай сөз.* 2. *Біреудің назарын тікелей өзіне аудару үшін айтылатын қаратпа мәніндегі сөз.* 3. *Таңдану, таңырқау, өкіну, күйіну, күмәндану мағынасын білдіретін одағай сөз.*

**Әй дер [дейтін] әже, қой дер [дейтін] қожа жоқ**. сөйл. ***Ай дер ажа, қой дер қожа жоқ.*** **Әй жоқ, шай жоқ**. сөйл. *Ың-шыңсыз, тып-тыныш, ешкімді дүрліктірмей.* **Әй кәпір атанды**. *Жеккөрінішті болды, имансыз, арсыз деген жаманатқа қалды.*

**ӘЙӘЙ** сын. балатілі. *Әдемі, жақсы, әйбат, тамаша.*

**ӘЙБАТ** сын. сөйл. жерг. 1. *Әдемі, әсем, көркем.* 2. *Дұрыс, тәуір, жөн, жақсы.*

**ӘЙБАТТАП** үст. сөйл. жерг. *Әдемілеп, жақсылап, дұрыстап.*

**ӘЙБӘТ** сын. сөйл. ***Әйбат.***

**ӘЙБӘТМИЯ** зат. сөйл. ***Айбатмия.***

**ӘЙБЕТ** сын. сөйл. ***Әйбат.***

**ӘЙБЕТТЕП** үст. сөйл. ***Әйбаттап.***

**ӘЙГӨЛЕК** зат. сөйл. ***Айгөлек*** *(қазақтың ұлттық ойыны).*

**ӘЙГІ** сын. *Жалпыға белгілі, әйгілі, жария болған, мәлім.*

**Әйгі болды**. *Жұртқа танылды, атағы шықты.* **Әйгі етті**. *Жариялады, мәлім қылды, таныстырды.*

**ӘЙГІЛЕ =** ет. 1. жағымды. *Жариялау, паш ету.* 2. жағымсыз. *Әшкерелеу, айқындау, масқаралау.*

**ӘЙГІЛЕМДІК: әйгілемдік берді.** *Әйгіледі, танытты, жария етті, жариялады.*

**ӘЙГІЛЕН =** ет. 1. жағымды. *Танылу, белгілі болу, ашылу.* 2. жағымсыз. *Әшкере болу, жаманаты шығу.*

**ӘЙГІЛЕНДІР =** ет. *Жариялау, әйгілеу.*

**ӘЙГІЛЕНДІРУ** *Әйгілендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЙГІЛЕНУ** *Әйгілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЙГІЛЕТ =** ет. *Жариялату, жар салғызу, жайғызу.*

**ӘЙГІЛЕУ** *Әйгіле етістігінің қимыл атауы.* 1. жағымды. *Жариялау, таныту.* 2. жағымсыз. *Әшкерелеу, масқаралау.*

**ӘЙГІЛІ** сын. 1. *Белгілі, танымал.* 2. *Даңқты, атақты, айтулы.*

**Әйгілі болды**. *Атақты, белгілі, танымал болды.*

**ӘЙДА** од. *Ал, қане.*

**ӘЙДАЙ** од. *Айхай, па, шіркін.*

**Әйдай келіп [кеп]**. экспр. *Үстемелетіп, тоқтамастан, үсті-үстіне, жағаласып деген мағынаны білдіретін сөзқолданыс.*

**ӘЙДӘ** од. сөйл. ***Әйда.***

**ӘЙДӘЙ** од. сөйл. ***Әйдай.***

**ӘЙДЕ** од. сөйл. ***Әйда.***

**ӘЙДЕЛДЕН** үст. *Әуелден, ертеден, бұрыннан.*

**ӘЙДЕМДЕ** үст. сөйл. *Лезде, демде.*

**ӘЙДІК** сын. 1. сөйл. *Үлкен, зор, дәу.* 2. *Керемет, тамаша, мықты.*

**ӘЙДІКТЕН =** ет. сөйл. *Еңселену, зораю.*

**ӘЙДІҢГЕР** сын. *Үлкен, зор.*

**ӘЙДІҢГЕРДЕЙ** сын. *Абажадай, дәу.*

**ӘЙЕЙ** сын. сөйл. балатілі. ***Әйәй.***

**ӘЙЕЛ** [ир. عیال] зат. 1. *Адам баласының ұрғашы жыныстылары.* 2. *Жұбай, зайып, ер адамның қосағы.* 3. көне. *Тұрмыс құрмаған қызбала, қыз.*

**Әйел адам**. *Әйел жынысты кісі.* **Әйел алды**. *Отбасын құрды, үйленді.* **Әйел аурулары**. мед. *Әйел ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты аурулар.* **Әйел аперді**. *Үйлендірді, үйлі-жайлы етті.* **Әйел бала**. *Тұрмыс құрмаған әйел адам, қызбала.* **Әйел баласы [заты, атаулы]**. *Әйел біткен, әйел атаулы* **Әйел басымен**. сөйл. *Заты, табиғаты, жаратылысы әйел екеніне қарамастан.* **Әйел бостандығы**. қоғ.-саяси. *Қоғамдағы әйел адамдардың ер адамдармен бірдей, тең дәрежедегі әрекет жасау еріктілігі, құқықтық мүмкіндігі.* **Әйел біткен**. *Әйелдердің барлығы.* **Әйел дауысты**. *Нәзік, жіңішке үнді.* **Әйелдер дәрігері**. мед. *Әйел ауруларын емдейтін маман.* **Әйел еңбегі**. қоғ.-әлеум. *Әйелдердің сипаты мен формасы қоғамның әлеуметтік құрылысына байланысты айқындалатын өндіріс процесіне қатысуы.* **Әйел жолы жіңішке**. сөйл. ***Қыздың жолы жіңішке.*** **Әйел киімдері**. *Әйел жыныстыларға арналған киім-кешек.* **Әйел қолы**. бейн. *Үй иесі, келін ретіндегі үй шаруасымен айналысатын әйел адам.* **Әйел табы**. қоғ.-әлеум. *Қандай да бір құрылыстағы қоғамның дамуы мен қалыптасуында өзіндік рөлі бар оның мүшелері болып табылатын әлеуметтік топ ретіндегі әйелдер қауымы.* **Әйел тастады**. сөйл. *Зайыбынан ажырасты, айырылысты.* **Әйел теңдігі**. қоғ.-саяси. *Кеңес өкіметі тұсында көп әйел алушылыққа, қалыңмалға, әмеңгерлік сияқты т.б. дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелге қатысты салттарға қарсы, әйелдің қоғамдық өмірге ерлермен бірдей араласуын насихаттауға негізделген қоғамдық-құқықтық мәселе.* **Әйелін төркіндетті**. этн. *Зайыбын туған-туыстарына, ағайын-жұртына апарды, қыдыртты.* **Әйелі ұл [бала] тапқандай қуанды [сүйінді]**. этн. *Өте қатты қуанды, мәз болды, шаттанды.* **Әйел эмансипациясы**. қоғ.-әлеум. *Қоғамдық және отбасылық өмір мен еңбекте әйелдерге ерлермен бірдей құқық беру.*

**ӘЙЕЛ-АНА** зат. поэт. *Ұрпақты дүниеге әкеліп, жеткізуші ретіндегі әйел заты.*

**ӘЙЕЛДЕЙ** сын. *Әйел тәрізді, әйел сияқты.*

**ӘЙЕЛДІ** сын. *Әйелі бар, әйел алған.*

**ӘЙЕЛДІК** сын. *Әйел затына тән, әйелдің бойында болатын.*

**Әйелдігі ұстады**. сөйл. жағымсыз. *Әйел бойына тән деп саналатын жағымсыз қасиеттерге өзін билетті, күйгелектеніп ұсақ нәрсеге бой ұрды.* **Әйелдікке алды**. *Әйел қылды, үйленді, әйелетті.*

**ӘЙЕЛ-ЕРКЕК** зат. 1. *Әйел, еркек атаулы, бәрі, түгел.* 2. *Ерлі-зайыпты, жұбай.*

**ӘЙЕЛЖАНДЫ** сын. *Әйелді жанындай жақсы көретін.*

**ӘЙЕЛҚҰМАР** сын. 1. *Ажарлы, көрікті әйелдерге әуес.* 2. *Әйелжанды, әйелді ерекше жақсы көретін.*

**ӘЙЕЛСІЗ** сын. 1. *Әйелі жоқ, әйел алмаған.* 2. *Отанасы, келіні ретіндегі үй шаруасындағы адамы жоқ.*

**ӘЙЕЛСІН =** ет. менсінбеу. *Әйел деп қарау, еркектен төмен санау.*

**ӘЙЕЛСІРЕ =** ет. мысқыл. *Қатынсырау, үйленгісі келу, әйел алғысы келу.*

**ӘЙЕЛШЕ** үст. *Әйел сияқты, әйелге ұқсап.*

**ӘЙЕЛШІЛ** сын. *Әйелжанды, әйелді жақсы көретін.*

**ӘЙЕЛШІЛІК** зат. сөйл. *Әйелдікке салынушылық.*

**ӘЙЕНКЕС** сын. сөйл. ***Аянкес.***

**ӘЙЕНКЕСТЕН =** ет. сөйл. ***Аянкестен.***

**ӘЙЕНКЕСТІК** зат. сөйл. ***Аянкестік.***

**ӘЙЕНСЕК** сын. сөйл. ***Аянкес.***

**ӘЙЕНШЕК** сын. сөйл. ***Аяншақ.***

**ӘЙЕНШЕКТЕ =** ет. сөйл. ***Аяншақта.***

**ӘЙЕНШЕКТЕН =** ет. сөйл. ***Аяншақтан.***

**ӘЙЕНШЕКТІК** зат. сөйл. ***Аяншақтық.***

**ӘЙЕҢКЕС** сын. сөйл. ***Аянкес.***

**ӘЙЕҢКЕСТІК** зат. сөйл. ***Аянкестік.***

**ӘЙЕТ** зат. сөйл. ***Аят.***

**ӘЙ-ЖАЙ**: ***әй-жай болды.*** сөйл. ***Ай-жай болды.***

**ӘЙЗІК** зат. этн. ойын. *Балалардың асық ойынының бір түрі.*

**ӘЙКЕЛ**[1] зат. кәс. *Құдықтың кенересі құламау үшін қойылған ортасы тесік дөңгелек тас.*

**ӘЙКЕЛ**[2] зат. этн. ойын. *Балалар ойнайтын таяқ ойыны.*

**ӘЙКЕЛ**[3] зат. көне. этн. зерг. *Қыздар мойнына тағатын алтын не күміс әшекейлі алқа.*

**ӘЙКЕЛ**[4] зат. жерг. *Ішіне оны-мұны салатын дорба.*

**ӘЙКЕЛДІ** зат. зоол. *Қанатты құмырсқа, ұсақ малдың айналасына жиі үймелеп, малға маза бермейтін жәндік.*

**ӘЙКЕЛДІ** сын. *Әйкелі бар, әйкел тағынған.*

**ӘЙКЕЛТАЯҚ** зат. этн. ойын. *Балалар ойнайтын «әйкел» ойынына арналған таяқ.*

**ӘЙКЕШ** зат. жерг. ***Әйел.***

**ӘЙ-КҮЙ**: **әй-күйге қаратпады.** сөйл. ***Ай-шайға қаратпады.***

**ӘЙЛЕЗ** сын. жерг. *Бұзық, тентек.*

**ӘЙЛЕЗДІК** зат. жерг. ***Бұзықтық.***

**ӘЙЛЕҢКЕС** сын. сөйл. жерг. ***Айланкес.***

**ӘЙЛЕҢКЕСТЕН =** ет. сөйл. жерг. ***Айланкестен.***

**ӘЙНЕК** [ир. آئينه + ك] зат. 1. хим. *Кварц құмының ерітіндісінен жасалған мөлдір түсті жұқа шыны.* 2. тех. *Үйге, мәшинеге т.б. жарық түсіру үшін салынған көз.* 3. сөйл. ***Терезе.*** 4. сөйл. ***Көзілдірік.***

**Әйнек зауыты**. тех. *Шыны, әйне көндіретін өндіріс орны.* **Әйнек көңілді**. бейн. *Ақниетті, пиғылы таза (адам).*

**ӘЙНЕКЕЙ** зат. тех. *Қыш, фаянс сияқты заттардың бетін жылтырату үшін пайдаланылатын шыны тәрізді қоспа.*

**ӘЙНЕКЕЙЛІ** сын. *Әйнекейі бар, жылтырақ.*

**ӘЙНЕКЕЙСІЗ** сын. *Әйнекейі жоқ, жылтырамайтын.*

**ӘЙНЕКСІЗ** сын. 1. *Шынысы жоқ, шыны салынбаған.* 2. сөйл. *Көзілдірік кимеген, көзілдірігі жоқ.*

**ӘЙНЕКТЕ=** ет. 1. *Әйнек салу, шынылау.* 2. ауыс. *Мұз қатыру.*

**ӘЙНЕКТЕЙ** сын. *Әйнек сияқты, әйнек тәрізді.*

**ӘЙНЕКТЕЛ=** ет. *Әйнек салыну, шыны қойылу.*

**ӘЙНЕКТЕЛУ** *Әйнектел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЙНЕКТЕТ=** ет. *Әйнек салғызу, әйнек жасату, терезеге көз салғызу.*

**ӘЙНЕКТЕТУ** *Әйнектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЙНЕКТЕУ** *Әйнекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЙНЕКТЕУШІ** зат. *Терезенің, есіктің, желдеткіштің көзіне шыны салатын маман.*

**ӘЙНЕКТІ** сын. *Әйнек салынған, әйнектелген, шынылы.*

**ӘЙНЕКШЕ**[1] зат. *Кішірек шыны.*

**ӘЙНЕКШЕ**[2] үст. *Әйнек сияқтанып, әйнекке ұқсап.*

**ӘЙНЕКШІ** зат. **1**. *Шыны, әйнек құйып шығаратын маман.* **2**. сөйл. ***Әйнектеуші.***

**ӘЙНЕКШІЛІК** зат. *Әйнек кесу, салу жұмысын кәсіп етушілік.*

**ӘЙТ** од. *Малды айдағанда айтылатын сөз.*

**Әйт дегенде**. *Шу дегенде, қас қағымда.*

**ӘЙТ=** ет. сөйл. *Сөйт, солай ет.*

**ӘЙТЕК** зат. жерг. *Үйреншікті ауру, ұстама.*

**ӘЙТЕУ** үст. сөйл. ***Әйтеуір.***

**ӘЙТЕУІР** үст. **1**. *Қалай болғанда, қайткен күнде.* **2**. *Өйтіп-бүйтіп, зорға.* **3**. *Неге екені белгісіз, не де болса.* **4**. *Қолдан келгенше.* **5**. *Қандай да бір.*

**ӘЙТКЕНМЕН** шыл. *Дегенмен, сонда да, сөйтсе де.*

**ӘЙТПЕГЕНДЕ** шыл. *Әйтпесе, өйтпегенде, олай болмағанда.*

**ӘЙТПЕСЕ** шыл. *Болмаса, немесе.*

**Әйтсе де [дағы]**. *Сөйтсе де, сөйткенмен, дегенмен.*

**ӘЙ-ТҮЙ**: **әй-түйге қарамады.** сөйл. ***Ай-шайға қарамады***.

**Әй-түй жоқ**. сөйл. ***Ай-шай жоқ***.

**ӘЙТ-ШҮУ** од. *Жануарды айдау кезінде айтылатын сөз.*

**ӘЙТІП-БҮЙТІП** үст. сөйл. ***Өйтіп-бүйтіп***.

**ӘЙ-ШӘЙ**: **әй-шәйге қарамады**. сөйл. ***Ай-шайға қарамады***.

**Әй-шәй жоқ**. сөйл. ***Ай-шай жоқ.***

**ӘК**[1] [ир. آهك] зат. мин. *Тасты өртеп күйдіру арқылы алынатын ақ түсті минералды зат, утас.*

**Әк ерітіндісі**. хим. *Флотациялау мен байытуда сілтілі орта жасау үшін және пирит минералының басқышы ретінде қолданылатын ерітінді.*

**ӘК**[2] од. сөйл. ***Өк***.

**ӘКӘУ** од. сөйл. *Өзінен жасы кіші адамға «қарағым», «шырағым» деген мәнде қолданылатын сөз.*

**ӘКБАР**: [ар. أكبر] зат. діни. ескікіт. *Үлкен; ұлы.*

**Алла әкбар**. діни. сөйл. ***Аллауакбар***.

**ӘКЕ**[1] зат. **1**. *Балалы болған ер адам.* **2**. *Малдың т.б. жан-жануарлардың еркегі; аталық мал.* **3**. *Әкесінің замандастары, қатарластары.* **4**. ауыс. *Бір нәрсенің ең зоры, мықтысы, күштісі.*

**Әке қаны төгілген жер**. поэт. *Ата-баба жаудан қорғап қалған туған жер, атамекен.* **Әке мұрасы**. этн. *Қазақ халқының салты бойынша үйдің балаларына еншілеп бөліп берілетін әкенің жиған-терген дүниесі, мал-мүлкі.* **Әкеңді өлтіріп пе едің?** сөйл. *«Қатты кек сақтап, өшігетіндей не болды?» деген мағынада айтылатын кею мәніндегі сөзқолданыс.* **Әкеңнің аузын**. сөйл. бейпіл. *Боқтық, былапыт сөз.* **Әкеңнің басы қалды ма?** сөйл. *«Байланып қалдың ба, не көрінді» деген мағынадағы кеюді білдіретін сөзқолданыс.* **Әкеңнің [көз] құны бар ма?** сөйл. *«Не ақың бар, жұмысың не?» деген мағынада айтылатын кею, ашулануды білдіретін сөзқолданыс.* **Әкеңнің [көз] құны жоқ.** *Ақысы жоқ, аласысы жоқ.* **Әкең тіріліп келді ме?** сөйл. *«Сонша қуанып, елегізетіндей не көрінді, неменеңе жетісіп елпілдейсің?» деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Әке орнына әке болды**. *Әкесінің орнын басып, туған әкесіндей асырап, бақты.* **Әкесі аштан өлген кісідей**. *Көні кепкен, ындыны жарымаған.* **Әкесі базардан келгендей**. *Мәз-мейрам, мәре-сәре.* **Әкесіндей көрді**. *Туған әкесіндей көрді, жақсы көрді.* **Әкесін көзіне көрсетті**. сөйл. *Көресісін көрсетті.* **Әкесін өлтірген жоқ**. сөйл. *«Соншама өштесетіндей, өшігетіндей не болды?» деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Әкесі өлгенді де естіртеді**. *«Қандай ауыр, жағымсыз хабар болса да жасырмай айтады» деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Әкесін танытты**. сөйл. а) *Сазайын берді, көресісін көрсетті.* ә) жағымды. *Жан-тәнімен беріле, жапыра істеді, түбін түсірді.* **Әкесінің аузынан түскендей**. *Әкесіне аумай тартқан, ұқсаған.* **Әкесінің әкесі**. сөйл. *Атасы.* **Әкесінің есімін [қосып, аты-жөнімен] айтты [атады]**. *Орыс тіліндегі дәстүр бойынша қаратпа ретінде адамның атына әкесінің атын тіркестіріп қолдану.* **Әкесінің [көз] құны бардай [кеткендей]**. сөйл. *Өшіккендей, кегі бардай, аласысы бардай.* **Әкесінің құнын сұрады**. сөйл. *Тым қымбат сұрады.* **Әкесінің үйіндей [үйінде жатқандай, үйіне кіргендей]**. *Өз әкесінің үйінде жүргендей.* **Әке үйі**. этн. *Қара шаңырақ, әке-шеше отырған үлкен үй.*

**ӘКЕ-БАБА** зат. сөйл. ***Ата-баба***.

**Әке-бабадан жіберді**. сөйл. *Түгін қоймай боқтады, балағаттады.* **Әке-бабадан қозғады**. сөйл. *Әріден, түп-тұқиянынан бастап әңгіме қылды.*

**ӘКЕДЕЙ** сын. *Әке сияқты, әке тәрізді.*

**ӘКЕЖАН** зат. экспр. *Өз әкесін құрметтеу мағынасында айтылатын атауыш.*

**ӘКЕЙ** зат. экспр. **1**. *Өз әкесін құрметтеп, сыйлау мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Өз әкесін немесе жасы сол тұстас ер адамды құрметтеу мағынасында айтылатын атауыш.*

**ӘКЕЙДЕЙ** сын. *Әкей сияқты, әкей тәрізді.*

**ӘКЕЙ-ҮКЕЙ** сын. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, ым-жымы бір, көңілдес.*

**Әкей-үкей болды.** сөйл. *Сыбайлас болды, етене араласты.*

**ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕС** = ет. *Өзара шүйіркелесу, әмпей-жәмпей болысу.*

**ӘКЕКЕ** зат. экспр. **1**. *Өз әкесін құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Әкесін немесе сол тұстас ер адамды құрметтеу мағынасында айтылатын атауыш.*

**ӘКЕ-КӨКЕ** зат. экспр. *Біреуге жалынып-жалбарынып «әкетай, ағатай» деген мағынада айтылатын сөз.*

**ӘКЕ-КӨКЕЛЕ** = ет. *Жалынып-жалбарыну, ағалап-көкелеу.*

**ӘКЕЛ=** ет. *Алып келу, жеткізу.*

**ӘКЕЛГІЗ** = ет. *Әкелдіру, әкелту, алып келгізу, жеткіздіру.*

**ӘКЕЛГІЗУ** *Әкелгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕЛДІР** = ет. *Әкелгізу, әкелту, жеткізу.*

**ӘКЕЛЕ=** ет. *Әке, әке деу.*

**ӘКЕЛЕС** сын. *Әкесі бір, бір әкеден туған.*

**ӘКЕЛУ** *Әкел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕЛУЛІ** сын. *Дайын, әзір, алып келінген.*

**ӘКЕЛІ** сын. *Әкесі бар.*

**ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ** сын. *Әкесі мен баласы екеуі.*

**ӘКЕЛІК** сын. *Әкеге тән, әкеге қатысты.*

**Әкелік қамқорлық**. *Әкеге тән мейірім, шапағат.* **Әкелік махаббат**. *Әкеге тән мейірім, ыстық ықылас.* **Әкелік парыз**. *Әкенің бала алдындағы борышы.* **Әкелік сезім**. *Әкенің балаға деген махаббаты, мейірімі.*

**ӘКЕЛІМ** зат. *Басқа жақтан әкелінген зат, бұйым.*

**ӘКЕЛІН** = ет. *Заттың не нәрсенің тұрған орнынан екінші бір жерге көшірілуі, ауысуы.*

**ӘКЕЛІНУ** *Әкелін етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕЛІС** = ет. *Жеткізісу, әкелуге көмектесу.*

**ӘКЕМ** зат. жерг. экспр. *«Қарағым, шырағым, қалқам» мағынасында қолданылатын қаратпа атауыш.*

**ӘКЕМСІ=** ет. *Әке болғансу, өзін үлкен санау.*

**ӘКЕҢ-ӘКЕҢ: әкең-әкең деді**. сөйл. қарап. *Әкесінен боқтады, әкесіне тіл тигізді.*

**ӘКЕСЫМАҚ** зат. сөйл. кекесін. *Әке болушылықты келеке ету, әжуалау мағынасында қолданылады.*

**ӘКЕСІ** од. эвф. *Әйелдің өз ерінің атын атамауымен байланысты қолданатын қаратпа атауыш.*

**ӘКЕСІЗ** сын. *Әкесі жоқ, жетім.*

**ӘКЕСІЗДІК** зат. *Әкесі жоқтық, әкесі болмаушылық, жетімдік.*

**ӘКЕТ=** ет. **1**. ***Алып кет.*** **2**. ауыс. *Еліту, еріту, баурап алу.*

**Әкетіп барады**. сөйл. *Меңдеп алды, дендеп кетті, шыдатпай барады.*

**ӘКЕТАЙ** зат. экспр. **1**. *Әкесінен немесе сол тұстас адамнан бір нәрсені жалынып, қиылып сұрағанда құрметтеу мағынасындағы айтылатын қаратпа атауыш.* **2**. *Өз әкесін немесе жасы сол тұстас ер адамды қадір тұту мағынасында айтылатын атауыш.* **3**. жерг. *Өз баласын немесе баласындай адамды еркелетіп айтылатын сөз.*

**ӘКЕТАЙ-КӨКЕТАЙ** зат. экспр. *Қиылып сұрау, өтіну мағынасында ер адамға қарата айтылатын сөз.*

**ӘКЕТАЙ-КӨКЕТАЙЛА=** ет. *Әкетай-көкетай деп жалынып жалбарыну.*

**ӘКЕТАЙЛА=** ет. *Әкеге жалынып, жалынышпен өтініп сұрау.*

**ӘКЕТТІР=** ет. *Әкеткізу, кетірту, басқа жаққа жіберту.*

**ӘКЕТТІРУ** *Әкеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕТУ** *Әкет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕТІЛ=** ет. *Шығарылу, басқа жаққа жіберілу, апарылу.*

**ӘКЕТІЛУ** *Әкетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКЕТІЛІН=** ет. *Басқа жаққа жібертілу, шығарылу.*

**ӘКЕТІС=** ет. *Алып кетісу.*

**ӘКЕ-ҮКЕ** зат. сөйл. ***Әке-көке***.

**ӘКЕШЕ** үст. *Әкеге ұқсап, әке сияқты.*

**ӘКЕ-ШЕШЕ** зат. *Әркімнің туған ата анасы.*

**ӘКЕШІМ** зат. экспр. *Әкесіне деген ыстық сезімін білдіру үшін айтылатын атауыш.*

**ӘКИ: әки көз**. сөйл. ***Ақи көз***.

**ӘКИЕТ** зат. сөйл. *Хикаят, мәселе.*

**ӘККУ** зат. жерг. *Қарау, бағым.*

**ӘККІ** сын. **1**. *Тәжірибелі, қақсал, ысылған, төселген.* **2**. *Айлакер, қу, зымиян.*

**Әккі болған**. *Көпті көріп төселген, ысылған тәжірибе алған.*

**ӘККІЛЕН=** ет. *Әккі болу, ысылу, төселу, қақсалдану.*

**ӘККІЛЕНУ** *Әккілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘККІЛЕУ** сын. *Тіс қаққандау, қулау.*

**ӘККІЛІК** зат. *Тіс қаққандық, қақсалдық, ысылғандық, тәжірибелілік, айлакерлік.*

**ӘККІС** сын. жерг. *Сезімтал, сезгіш.*

**ӘКПЕ** зат. сөйл. ***Әпке.***

**ӘКПЕЛ=** ет. сөйл. ***Әкел.***

**ӘКПЕЛІ-СІҢЛІЛІ** сын. жерг. сөйл. ***Әпкелі-сіңлілі.***

**ӘКПІШ** зат. сөйл. жерг. ***Әпкіш.***

**ӘКПІШТЕЙ** сын. сөйл. *Әпкіш сияқты, әпкіш тәрізді.*

**ӘКРАМ** сын. діни. ескікіт. *Құрметті, сыйлы, қадірлі.*

**ӘКТАС** зат. <грек. asbestos> *Негізінен кальциттен тұратын шөгінді тау жыныстары.*

**ӘКТЕ=** ет. **1.** *Әкпен үй ақтау, әк жағу.* **2.** ауылшар. *Топыраққа әк араластырып жерді тыңайту.*

**ӘКТЕЛ** = ет. *Үй қабырғаларының ағартылуы, ақталуы, әк жағылуы.*

**ӘКТЕЛУ** *Әктел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКТЕЛІН=** ет. *Әкпен ағартылу, ақталыну.*

**ӘКТЕС=** ет. *Бірге үй әктеу, әктеуге көмектесу.*

**ӘКТЕСУ** *Әктес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКТЕТ=** ет. *Үйді ақтату, үй қабырғаларына әк жаққызу.*

**ӘКТЕТУ** *Әктет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКТЕУ** **1.** *Әкте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКТІ**[1] ор. зат. сөйл. ***Акт.***

**ӘКТІ**[2] сын. *Әк қосылған, құрамы әктен тұратын.*

**Әкті туф**. геол. *Ыстық немесе салқын көміртекті қайнарлар әрекетінен кальций карбонаты түрінде тұнбаланған өте жеңіл таужыныс.* **Әкті шөгінділер**. геол. *Негізінен немесе 30 %-дан астам кальцит карбонатынан (кальцит, арагокит) тұратын биогендік, хемогендік кейде терригендік шөгінділер.*

**ӘКТІЛЕ=** ет. сөйл. ***Актіле.***

**ӘКТІ-МӘКТІ** зат. сөйл. қарап. *Акт және тағы сол сияқты құжаттар.*

**ӘКҮН-ШҮКІН** сын. сөйл. *Оны-мұны, кәкір-шүкір.*

**ӘКШАШҚЫШ** зат. *Әк шашуға арналған құрал.*

**ӘКІМ**[1] [ар. حاكم] зат. **1.** *Елге билік жүргізуші, ел басқарушы.* **2.** жаңа. қоғ.-саяси. *Әкімшілік-территориялық бірліктердің жоғары лауазымды басшысы.* **3.** ауыс. сөйл. *Бастық.*

**Әкім болды**. *Әкімдік билікке ие болды, қолы жетті.* **Әкім етті [қылды]**. *Әкімдікке тағайындады.*

**ӘКІМ**[2] зат. сөйл. ***Өкім.***

**ӘКІМ-ӘМІРШІ** зат. *Ел билеуші, ел басқарушы.*

**ӘКІМГЕРЛІК** зат. сөйл. ***Әкімшілдік.***

**ӘКІМГЕРШІЛІК** зат. сөйл. **1.** ***Әкімдік.*** **2.** ***Әкімшілдік.***

**ӘКІМДЕЙ** сын. *Әкім сияқты, әкім тәрізді.*

**ӘКІМДІК** зат. **1.** *Мемлекеттік билік органдарының жүйесіне кіретін жергілікті атқару органдарының атауы.* **2.** *Елге билік жүргізушілік, мансап қуушылық.* **3.** ауыс. *Зорлық, күш.*

**ӘКІМИЯТ** зат. жаңа. қоғ.-саяси. ***Әкімдік.***

**ӘКІМҚАРА** зат. жағымсыз. *Істің мәніне бармай, сырт көрінісіне көңіл бөлетін кеңсешіл, қағазшыл билік жүргізуші.*

**ӘКІМСУ** *Әкімсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКІМСЫМАҚ** зат. эмоц. *Әкім сияқтанған, әкім болған сыған адам.*

**ӘКІМСІ=** ет. экспр. жағымсыз. *Өзін әкім санау, кісімсу, дандайсу.*

**ӘКІМСІН=** ет. экспр. жағымсыз. *Әкім болғансу, кісімсіну, паңсыну, дандайсыну.*

**ӘКІМСІТ=** ет. экспр. *Кекірейту, басындырту, дандайсыту.*

**ӘКІМШЕ** үст. *Әкімге ұқсап, әкім сияқты.*

**ӘКІМШІ** зат. **1.** *Әкімдік құрушы, билік етуші.* **2.** *Көпшілік орындағы белгілі бір қызметке жауапты адам, администратор.*

**ӘКІМШІЛ** сын. *Мансап сүйгіш, әкім құмар.*

**ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ** сын. қоғ.-саяси. *Басшылық тарапынан берілген бұйрықтармен қаулыларға мәжбүрлеу арқылы бағындыруға негізделген.*

**ӘКІМШІЛДІК** зат. *Іскерліктен гөрі бұйрықшыл-жарлықшыл әдіске бой алдырушылық.*

**ӘКІМШІЛДІК-ӘМІРШІЛДІК** сын. сөйл. ***Әкімшіл-әміршіл.***

**ӘКІМШІЛДІК-ТҰҚЫРТУШЫЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Еңбек ұжымдарын белгілі біржұмыс мөлшерін немесе жоспарды орындатуға, жұмыс қарқынын тездетуге әкімшілік орындардың күштеп көндіруі.*

**ӘКІМШІЛ-ҚЫСЫМШЫЛ** сын. қоғ.-саяси. ***Әкімшіл-әміршіл.***

**ӘКІМШІЛІК** зат. қоғ.-саяси. <лат. administratio> **1.** *Мемлекеттік билік пен басқарудың атқарушы және өкім етуші органдары; басқару аппараты.* **2.** *Мемлекеттік мекемелерді, кәсіпорындарды, қоғамдық ұйымдарды басқарушы лауазымды тұлғалар, басқаруды ұйымдастыратын қызметкерлер құрамы.* **3.** *Мемлекеттік органдардың басқарушылық қызметі; басқару саласындағы ұйымдастыру қызметі.* **4.** *Жауапты басқарушылар (белгілі бір іс-шара т.б.).* **5.** *Билік, лауазым.*

**Әкімшілік айыппұл.** заң. *Мүліктік сипатқа ие әкімшілік жаза шараларының бірі.* **Әкімшілік бағыныс**. құқық. *Мекеме, ұйым және т.б. ұжымдық орындардың басқарылу тәртібі, әкімшілікке бағыныштылық, қарастылық.* **Әкімшілік басқару**. қоғ.-саяси. *Бұйрық, жарлық, ереже, нұсқау т.б. жолдармен басқару.* **Әкімшілік етті**. *Билік жүргізді, үстемдік жасады.* **Әкімшілік жаза.** заң. *Заңмен уәкілеттік берілген судья, органдардың (лауазымды адамдар) тиісті заңдылықпен көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.* **Әкімшілік жауаптылық**. заң. *Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін және заңды тұлғалардың заңи жауаптылығы.* **Әкімшілік жүргізді**. *Билеп-төстеді, қожалық етті.* **Әкімшілік көрсетті**. *Қызмет орнын пайдаланып, қысымға алды.* **Әкімшілік мекеме**. қоғ.-саяси. *Басқару аппараты орналасқан үй.* **Әкімшілік орталық**. қоғ.-саяси. *Басқару аппаратының негізгі орналасқан жері.* **Әкімшілік орын**. қоғ.-саяси. *Мемлекеттік, қоғамдық мекеме.* **Әкімшілік реформа**. саяси. *Әкімшілік тарапынан жасалған жаңа амал-әрекет.* **Әкімшілік шарт**. заң. *Әкімшілік құқықтың екі немесе одан көп субъектілерінің ерік-жігерін ерікті түрде келістіруді білдіретін заң ишарттың бір түрі.*

**ӘКІРЕЙ=** ет. *Едірею, ежірею.*

**ӘКІРЕҢ** елік. *Орынсыз құр қоқырандаған жағымсыз дөрекі іс-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Әкірең етті**. *Қоқыраң етті, қожаңдады.* **Әкірең қақты**. *Әкірең-әкірең етті, қожаңдады.*

**ӘКІРЕҢ-ӘКІРЕҢ** елік. *Қайта-қайта қоқырандаған, қожаңдаған, ақиып дауыс көтерген іс-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Әкірең-әкірең етті**. *Даусын көтерді, әкіреңдеді.*

**ӘКІРЕҢДЕ=** ет. *Орынсыз көкірек көрсетіп қожаңдау, қоқаңдау.*

**ӘКІРЕҢДЕТ=** ет. *Қоқырандату, әкірең-әкірең еткізу, ұрысқызу.*

**ӘКІРЕҢДЕУ** *Әкіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӘКІС** сын. жерг. *Қу, қырсық.*

**ӘЛ** [ар. حال] зат. **1.** *Күш, қуат.* **2.** *Шама, мұрша, жағдай, хал-ахуал.*

**Әл алды**. *Қуаттанды, бойына күш бітті.* **Әл берді**. *Күш, қуат берді, қуаттандырды.* **Әл бермеді**. *Бой бермеді, ырық бермеді.* **Әл бітті**. а) *Бойда қуат пайда болды, әлденді.* ә) *Бойдан күш кетіп әлсіреді, қалжырады.* **Әлден келсе**. *Қолдан келсе, шама жетсе.* **Әлді алды**. *Әлсіретті, қалжыратты.* **Әл жиды [жинады, құрады]**. *Қуаттанды, күш алды.* **Әл кетті [тайды]**. *Дәрмені құрыды, діңкеледі, күші қайтты, азайды.* **Әл кірді**. *Бойда күш-қуат пайда болды, әлденді.* **Әл қылды**. *Қуат етті, медет қылды.* **Әл үстінде**. *Өлім аузында, халі мүшкіл, нашар.* **Әлі жетті [келді]**. а) *Шамасы жетті, мұршасы жетті, күші жетті.* ә) *Хал-жағдайы жетісті.* **Әлі құрыды [таусылды]**. *Күш-қуаты, шамасы бітті, мұршасы қалмады.* **Әлін білді**. *Өз шамасына қарай іс істеді, асып-таспады, жайын білді, шамасына қарады.* **Әлін білмеген әлек**. *Өзінің шама-шарқын, күш-қуатын білмеген адам туралы айтылады.* **Әліне қарамады**. *Өзінің шамасын білмеді, күш-қуатына қарамады.* **Әлің келсе, атымды қой**. *Шамаң келсе, қолыңнан келсе, жаса.*

**ӘЛАЙ: әлай ма?** этн. *Сәлемдесу кезінде айтылатын сөз.*

**ӘЛӘЙҺИАССАЛАМ** зат. діни. кіт. *Пайғамбарға айтылған салауат.*

**ӘЛАКАТ** зат. ескікіт. ***Әлекет.***

**ӘЛАМАТ** зат. ескікіт. **1.** *Баға.* **2.** *Белгі.*

**ӘЛАТ** зат. ескікіт. *Жағдай, жай, күй, хал.*

**ӘЛ-АУҚАЛ** зат. сөйл. ***Әл-ахуал.***

**ӘЛ-АУҚАТ** зат. *Хал-жағдай, хал-ахуал, тұрмыс.*

**ӘЛ-АХУАЛ** [ар. حال أحوال] зат. кіт. *Хал-ахуал, жағдай.*

**ӘЛӘЗІР** үст. *Әзірше, бүгінге дейін.*

**ӘЛӘЙ: әләй болсын.** сөйл. ***Әлей болсын.***

**ӘЛ-ӘНБИЕ** зат. діни. кіт. *Пайғамбарлар.*

**ӘЛӘУЛА=** ет. сөйл. ***Әләуләйла.***

**ӘЛӘУЛӘЙ** зат. **1.** *Әуендетіп айтылған ұн, әуез.* **2.** ауыс. *Бос сөз, құрғақ әңгіме.*

**ӘЛӘУЛӘЙЛА=** ет. *Әләулайлап әндету.*

**ӘЛБАҚИ** зат. діни. кіт. *Бақи, о дүние.*

**ӘЛБӘТТЕ** мод. сөйл. ***Әлбетте.***

**ӘЛБЕНШӨП** зат. сөйл. өс. ***Секпілгүл.***

**ӘЛБЕТТЕ** [ар. البتة] мод. *Әрине деген мағынадағы мақұлдау, қоштау сөз.*

**ӘЛБИДІМ** зат. өс. сөйл. <лат. alliolus> *Бидайдың сұрпы.*

**ӘЛБҰРШАҚ** зат. өс. *Біржылдық шөптектес өсімдік.*

**ӘЛГІ** сын. **1.** *Жаңағы, бағанағы.* **2.** *Белгілі, таныс, баяғы.*

**Әлгі әзірде**. *Жаңа ғана, осыдан сәл бұрын.* **Әлгі бір**. *Жаңағы, әзіргі.* **Әлгі жерде [арада]**. *Оқиға болған жердене сол арада.*

**ӘЛГІДЕ** үст. сөйл. ***Әлгінде.***

**ӘЛГІДЕГІ** сын. сөйл. ***Әлгіндегі.***

**ӘЛГІДЕЙ** сын. *Жаңағы сияқты, жаңағыдай, сол сияқты.*

**ӘЛГІДЕЙІНШЕ** үст. сөйл. *Осылайша.*

**ӘЛГІНДЕ** үст. *Жап-жаңа, жаңа ғана, жаңа бір әзірде.*

**ӘЛГІНДЕГІ** сын. *Жаңағы, жаңа бір мезеттегі.*

**ӘЛГІНДЕГІДЕЙ** сын. *Жаңағыдай, әлгібір кездегідей, сондағыдай.*

**ӘЛГІНДЕЙ** сын. *Жаңағыдай, әлгі сияқты.*
**ӘЛГІРЕКТЕ** үст. сөйл. *Әлгі бір әзірде.*
**ӘЛГІШЕ** үст. *Әлгіндегіше, әлгі сияқты, солай.*
**ӘЛ-ДӘРМЕН** [ар.+ир. حال درمان] зат. *Күш-қуат, қайрат-жігер, әл-қуат.*
**Әл-дәрмені бітті [құрыды]**. *Күш-қуаты таусылды, діңкеледі, титықтады.* **Әл-дәрменінен айырылды**. *Шамасы бітті, діңкесі құрыды, күші сарқылды.*
**ӘЛДЕ** шыл. **1**. *Күмәндану, шүбәлану мағынасын білдіретін сөз.* **2.** *Не, немесе, не болмаса деген, кезектестікті, құбылмалықты білдіретін сөз.*
**Әлде болса**. *Әлі де, тағы да, әлде де.* **Әлде де**. *Тағы да, әлі де.* **Әлде немене**. *Бір нәрсе, бір зат, бірдеме.*
**ӘЛДЕБІР** зат. *Небір, қандай да бір, әлдене.*
**ӘЛДЕБІРЕУ** зат. *Бейтаныс біреу, әлдекім.*
**ӘЛДЕҒАЙЫМ** зат. көне. *Әлде бірдеңе.*
**ӘЛДЕҒАЙЫП** зат. сөйл. *Әлде бірдеңе, белгісіз бір.*
**ӘЛДЕКІМ** зат. *Белгісіз біреу, бейтаныс кісі, біреу-міреу.*
**ӘЛДЕКІМШЕ** үст. *Әлдекім сияқты, бөтен біреуге ұқсап.*
**ӘЛДЕҚАЙДА** үст. **1**. *Белгісіз бір жақ, беймәлім жер.* **2**. *Анағұрлым, недәуір, әжептәуір.*
**ӘЛДЕҚАЙДАҒЫ** сын. **1**. *Баяғы, бұрынғы, өтіп кеткен.* **2**. *Қай-қайдағы, алыстағы.*
**ӘЛДЕҚАЙДАН** үст. *Белгісіз бір жақтан, алыстан.*
**ӘЛДЕҚАЛАЙ** зат. **1**. *Тектен-тек, бостан-бос.* **2**. *Күтпеген жерден, аяқасты, кездейсоқ.*
**Әлдеқалай болады**. *Қандай заман болады, ертеңгі күнім не болады деп қам жеу мәніндегі сөзқолданыс.*
**ӘЛДЕҚАНДАЙ** зат. **1**. *Әлденендей, беймәлім, түсініксіз.* **2**. *Екіталай күн, нендей жағдай, не хал.*
**Әлдеқандай болды**. *Кісімсіді, көкірек керді, бөлсінді, дандайсыды.* **Әлдеқандай көрді**. сөйл. *Қолпаштап, тым асқақтатып жіберді.*
**ӘЛДЕҚАШАН** зат. *Баяғыда, бұрын, ертеректе, күні бұрын.*
**ӘЛДЕҚАШАНҒЫ** зат. сөйл. ***Әлдеқашан.***
**ӘЛ-ДЕМ** зат. *Күш-қуат, әл-дәрмен.*
**ӘЛДЕН**[1] = ет. **1**. *Бойға күш-қуат жию, әлалу, қуаттану.* **2**. ауыс. *Әл-ауқаты арту, тұрмыс жағдайы жақсару.* **3**. ауыс. *Қарулы күш жинап алу, жарақтану.*
**ӘЛДЕН**[2]**: әлден асты**. сөйл. ***Әддінен асты.***
**ӘЛДЕН** үст. *Қазірдің өзінде, қазірден бастап, осы кезден.*
**Әлден уақытта [соң, кейін]**. *Біраздан соң, бірсыпыра уақыт өткенде.*
**ӘЛДЕНДІР** = ет. **1.** *Күш бергізу, қуаттандыру, әл кіргізу.* **2**. ауыс. *Дем беру, рухтандыру.* **3**. ауыс. *Жағдайын көтеру, әл-ауқатын жақсарту.*
**ӘЛДЕНДІРУ** *Әлдендір етістігінің қимыл атауы.*
**ӘЛДЕНЕ** зат. **1**. *Бірдеңе, бір нәрсе, әлдебір.* **2**. *Жоқтан өзге, не болса сол.*
**Әлдене мезетте [уақытта]**. *Біраздан соң, біраздан кейін.*
**ӘЛДЕНЕНДЕЙ** сын. *Белгісіз, түсініксіз, қайдағы бір.*
**ӘЛДЕНЕШЕ** зат. *Бірнеше, бірталай, бірaз.*
**Әлденеше түрге салды**. *Құбылтты, түрлендірді.*
**ӘЛДЕНЕШЕУ** зат. *Бірнешеу, әлденеше.*
**ӘЛДЕНЕШІК** зат. *Әлдеқандай, нендей.*
**ӘЛДЕНТ**= ет. *Қуаттандыру, күш алғызу, әл беру, әлдендіру.*
**ӘЛДЕНУ** *Әлден етістігінің қимыл атауы.*
**ӘЛДИ** зат. **1**. этн. *Баланы тербету үстінде айтылатын бесік жыры.* **2**. *Бөпе, бөбек.* **3**. ауыс. *Мейірім, ерекше күтім.* **4**. ауыс. *Рахат, елітіп әкетер, күй.*
**ӘЛДИ-ӘЛДИ** од. этн. *Баланы, нәрестені ұйықтату, жұбату кезінде өлең түрінде айтылатын сөз, бесік жырының негізгі тармағы.*
**ӘЛДИЛЕ**= ет. **1**. этн. *Нәрестені, сәбиді әлди-әлди деп уату.* **2**. этн. *Бесікте тербету, әлди-әлди деп қолға алып, әрі-бері шайқау.* **3**. ауыс. *Ән-жырға бөлеу.* **4**. ауыс. *Аялап, әлпештеу.* **5**. ауыс. *Еліту, балқыту.*
**ӘЛДИЛЕН**= ет. **1**. *Тербетілу, шайқатылу.* **2**. ауыс. *Жұбану, алдану.* **3**. ауыс. *Ерке болу, еркімен өсу.* **4**. ауыс. *Балқу, еліту.*
**ӘЛДИЛЕС**= ет. *Бірге бала бағу, бала бағысу.*
**ӘЛДИЛЕТ**= ет. **1**. *Баласын тербеттіру, жұбатқызу.* **2**. ауыс. *Еліттіру, бойды билету.*
**ӘЛДИЛЕТУ** *Әлдилет етістігінің қимыл атауы.*
**ӘЛДИЛЕУ** *Әлдиле етістігінің қимыл атауы.*
**ӘЛДИЯР** зат. сөйл. ***Алдияр.***
**ӘЛДІ** сын. **1**. *Қуатты, күшті, мықты.* **2**. *Әл-ауқаты жоғары, ауқатты, тұрмысты.*
**ӘЛДІЛІК** зат. *Күштілік, мықтылық, әлеуеттілік.*
**ӘЛЕЙ**[1] сын. сөйл. *Керемет, ғажап, сұмдық.*
**ӘЛЕЙ**[2]**: әлей болсын**. этн. тілек. *Жол болсын деген тілекке жауап ретінде бірге болсын деген мағынада айтылатын сөз.*
**ӘЛЕЙКҮМАССАЛАМ** [ар. عليكم السلام] зат. этн. *«Салаумәлейкүм» деп сәлемдескен адамның сәлемін алу, қарсы сәлем беру мәнінде қолданылатын сөз.*
**ӘЛЕЙКҮМҮССӘЛЕМ** зат. этн. сөйл. ***Әлейкүмассалам.***
**ӘЛЕЙ-ТҮЛЕЙ** үст. сөйл. ***Алай-түлей.***
**ӘЛЕЙІМ** сын. сөйл. *Соншама, көп, дүйім.*
**ӘЛЕЙІМ-ТАПЫРЫҚ** үст. сөйл. ***Әлем-тапырық.***
**ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ** үст. *Астан-кестен, апыр-топыр, ұйқы-тұйқы.*
**Әлейім-тәлейімін шығарды**. *Астан-кестенін шығарды, быт-шыт қылды.*
**ӘЛЕК** [ар. هلاك] зат. **1**. *Әуре, әбігер, азап.* **2.** *Сергелдең, дүрбелең.*
**Әлегі аспаннан келді**. *Астан-кестені шықты, быт-шыт болды, ту-талақайы шықты.* **Әлегін [аспаннан] шығарды [келтірді]**. *Астан-кестен қылды, ту-талақайын шығарды.* **Әлек болды**. *Әуреге түсті, әбігерленді, әуре болды.* **Әлек етті [қылды]**. *Сергелдеңге салды, әуре қылды, әуреледі.* **Әлек жасады [көрсетті]**. *Ойран етті, әуреледі, бүлік жасады.* **Әлекке түсті**. *Әбігерленді, әлек болды, әбігер болды.* **Әлекке ұшыратты**. *Әбігерге салды, әбігерледі, әуреледі.* **Әлек салды**. *Әуреледі, әуреге салды, сойқан салды, бүлік жасады.*
**ӘЛЕК-ӘРЕКЕТ** зат. *Әуре, әбігер, машақатты амал, жойқын іс-қимыл.*
**ӘЛЕКЕ** зат. этн. саят. *Үнемі үстін жалап-жұқтап кір жұғытпай, бәріне әзір тұратын тазының ең жүйрік, ұшқыр түрі.*
**ӘЛЕКЕДЕЙ: әлекедей жаланған [жалаңдаған]**. *Құлшынған, жалақтаған, дап-дайын, сақадай сай.*
**Әлекедей тиеді**. *Отайды, қырады, жоқ қылады.*
**ӘЛЕКЕЙ-КҮЛЕКЕЙ** зат. сөйл. ***Әлекей-шүлекей.***
**ӘЛЕКЕЙ-КҮЛЕКЕЙІНДЕЙ** сын. *Әлекей-күлекей сияқты, әлекей-күлекей тәрізді.*
**ӘЛЕКЕЙ-ШҮЛЕКЕЙ** зат. *Әлем-жәлем, ұсақ-түйек.*
**ӘЛЕКЕТ** зат. жерг. *Әуре, әлек, қиыншылық.*
**Әлекетке түсті.** сөйл. *Әлекке түсті.*
**ӘЛЕКПЕ** зат. сөйл. ***Алөкпе*** *(мал ауруы).*
**Әлекпе келгір**. сөйл. қарғ. *Әлекпеге ұшырағыр, әлекпеге шалдыққыр деген мәндегі сөз қолданыс.*
**ӘЛЕКТЕ**= ет. *Әлекке түсіру, әурелеу.*
**ӘЛЕКТЕН**= ет. *Әлекке түсу, әурелену, сергелдеңге түсу.*
**ӘЛЕКТЕНУ** *Әлектен етістігінің қимыл атауы.*
**ӘЛЕКТЕНІС** зат. *Харекет, харекет етушілік.*
**ӘЛЕКТЕТ**= ет. *Әлекке түсіру, сергелдеңге салғызу, әуре еткізу.*
**ӘЛЕКТІ** сын. *Әуре-сарсаңы мол, азабы көп.*
**ӘЛЕКТІК** зат. *Әурешілік, бәле-жала, қайғы.*
**ӘЛЕК-ШӘЛЕК** үст. *Бейберекет, әлем тапырық, астан-кестен, әуре-сарсаң.*
**Әлек-шәлегін шығарды**. *Әбігерге салды, әуреге түсірді, әуреледі.* **Әлек-шәлегі шықты**. *Астан-кестені шықты, тоз-тозы шықты.*
**ӘЛЕКШӨП** зат. өс. сөйл. ***Лапыз.***
**ӘЛЕКШІЛІК** зат. *Әурешілік, қиыншылық, ауыртпалық.*
**ӘЛЕМ**[1] [ар. عالم] зат. **1**. *Жер жүзі, дүниежүзі, жиһан.* **2.** *Жер бетін мекендеуші барлық халық, әлеумет.* **3**. *Табиғат дүниесінің жеке-жеке бөліністері, түрлері.* **4**. ауыс. *Тіршіліктегі әртүрлі құбылыстар, салалық бөліністер.*
**Әлемге аян**. *Дүниежүзіне белгілі, әйгілі, танымал.* **Әлемге әйгі [әйгілі, аян]**. *Дүние жүзіне белгілі, танымал.* **Әлемге жар салды [паш етті, танытты]**. поэт. *Дүниежүзіне жария етті, білдірді; жер жүзі халқы білді.* **Әлемнің жеті кереметі**. *Б. з. б. 3 ғасырда Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан аумағын жаулап алып, ұлы империя құрғаннан кейін, саяхатшыларды қызықтыру үшін осы өңірлердегі жеті орыннан таңдаған сәулет өнері ескерткіштері.* **Әлем чемпионаты**. спорт. *Дүниежүзілік деңгейде өткізілетін спорт жарысы.*
**ӘЛЕМ**[2] [ар. علم] зат. **1**. миф. *Қасиетті, киелі жерлерге, ағаш бұтақтарына, әулиелерге сыйынудың белгісі ретінде тағылатын белгі, байланатын шүберек.* **2**. миф. *Жүйрік атқа, домбыраға т.б. қасиеттеп, қадірлеу үшін тағылатын шүберек.* **3**. ауыс. *Масқаралап қорлау үшін жапқан әлем-жәлем жамылғы.*
**ӘЛЕМ**[3]**: әлем сасиды**. а) сөйл. *Жағымсыз иіс шығып, айналаны алып кеткенде айтылатын сөзқолданыс.* ә) *Керексіз болып қалады.*
**ӘЛЕМДЕ**= ет. *Әлем тағу, әлем байлау, әшекейлеу.*
**ӘЛЕМДЕЙ** сын. *Кең, дарқан, әлем сияқты.*
**ӘЛЕМДЕТ**= ет. *Әлем-тапырағын шығару, шулату.*
**ӘЛЕМДІК** сын. *Әлемге тән, әлем көлеміндегі.*
**Әлемдік ағынды**. геогр. *Су ағынының әлемдік жүйесі.* **Әлемдік баға**. саяси. қаржы. *Қандай да бір тауар, өнім не қызмет түрінің әлемдік деңгейде анықталған орта бағасы.* **Әлемдік деңгейде.** *Дүниежүзілік көлемде,*

*дәрежеде.* **Әлемдік мәдениет**. қоғ. *Жалпыадамзаттық мазмұны бар рухани құндылықтар сипатын айқындау үшін қолданылатын күрделі ұғым.* **Әлемдік өркениет**. қоғ.-саяси. *Қоғамның даму деңгейі, әлеуметтік-экономикалық қауымдастықтың қол жеткізген материалдық және рухани мәдениеті.*

**ӘЛЕМЕТ**[1] зат. *Пәле, қырсық; әуре, әбігер, әуре-сарсаң.*

**ӘЛЕМЕТ**[2] сын. *Таңғаларлық, ғаламат.*

**ӘЛЕМЕШТЕ**= ет. сөйл. ***Әлемішште.***

**ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ** сын. **1**. *Қызылды-жасылды, түрлі түсті.* **2.** *Айғыз-айғыз, алабажақ.* **3**. ауыс. *Әлем-тапырық, астан-кестен, ұйқы-тұйқы.*

**ӘЛЕМИ** [ар. عالمي] сын. кіт. ***Әлемдік.***

**ӘЛЕМИЕТ** зат. бейн. *Күллі әлем, жер жүзі.*

**ӘЛЕМТАНУ** зат. ғыл. *Әлем туралы ғылым-білім.*

**ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚ** үст. сөйл. ***Әлем-тапырық.***

**Әлем-тапырағын шығарды**. *Астан-кестен етті, алай-түлейін шығарды.*

**ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҚ** үст. *Астан-кестен, алай-түлей, ұйқы-тұйқы.*

**ӘЛЕМ-ТӘЛЕМ** үст. сөйл. ***Әлем-тапырық.***

**ӘЛЕМ-ТӘПІРІК** үст. сөйл. ***Әлем-тапырық.***

**ӘЛЕМІШ** зат. *Әшекей, өрнек.*

**ӘЛЕМІШТЕ**= ет. *Әшекейлеу, өрнектеу.*

**ӘЛЕМІШТЕЛ**= ет. *Әшекейлену, өрнектелу.*

**ӘЛЕМІШТЕН**= ет. **1**. *Әлем-жәлем болу, түрлі-түске боялу.* **2**. ауыс. *Көңілі бұзылу, құбылу.*

**ӘЛЕМІШТЕУ** *Әлемішше етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛЕМІШТІ** сын. *Әшекейлі, ою-өрнекті.*

**ӘЛЕН-ПӘЛЕН** ес. сөйл. *Анадай да мынадай, ондай да мындай.*

**ӘЛЕҢКЕДЕЙ: әлеңкедей жалаңған**. сөйл. ***Әлекедей жалаңған.***

**ӘЛЕПЕТ** [ар. خلافات] зат. *Қырсық, әлек, кесір.*

**ӘЛЕП-ЖӘЛЕП** сын. сөйл. ***Әлем-жәлем.***

**ӘЛ-ЕРКІ** зат. *Жағдайы, қалауы, шама-шарқы.*

**ӘЛЕТ** зат. сөйл. *Мезгіл, мерзім, кез, уақыт.*

**ӘЛЕТҮЙЕ** зат. этн. кәс. түйешар. *Өркеші ұзындау, денесі сидам, өңі жұқа, жүні аз, суыққа төзімсіз нардың бір түрі.*

**ӘЛЕУЕТ** ар. зат. **1**. физ. <лат.potentia> *Белгілі бір нүктеден электрлік, тартылыс және т.б. күш өрісін сипаттайтын өлшем.* **2**. қоғ. саяси. *Қарым, шама, мөлшер; бір мақсатқа жұмсалатын құралдың, қордың, негіздің жиынтығы.* **3**. *Күш, қуат.*

**ӘЛЕУЕТТІ** сын. **1**. *Күшті, қарулы.* **2**. *Мүмкіндігі жеткілікті, әлді, ахуалы жоғары.*

**ӘЛЕУЛАЙ** зат. сөйл. ***Әләуләй.***

**ӘЛЕУМЕТ** [ар. الأمة] зат. **1**. *Ел-жұрт, халық.* **2**. терм. <лат.socium> *Адамдардың бірлесіп әрекет етуінің тарихи қалыптасқан формаларының нәтижесі ретіндегі адамзат қауымдастығы.* **3**. *Қоғамдағы қызметіне қарай қандай да бір ортақ (кәсіптік, мәдени және т.б.) белгілері бойынша бірлескен адамдардың тобы.*

**ӘЛЕУМЕТТАНУ** зат. қоғ.-саяси. <лат. societas – қоғам, грек. logos – ілім> *Біртұтас жүйе ретіндегі қоғам туралы және қоғамдық тұтастықпен байланыста қаралатын жекелеген әлеуметтік институттар, үдерістер мен топтар туралы ғылым.*

**ӘЛЕУМЕТТАНУШЫ** зат. қоғ.-саяси. *Қоғамды әлеуметтік жақтан зерттеуші.*

**ӘЛЕУМЕТТЕНДІР**= ет. қоғ.-саяси. *Адамды қоғамдық өмірге бейімдету, әлеуметтік тәжірибені игерту.*

**ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ** *Әлеуметтендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛЕУМЕТТЕНУ**= ет. терм. *Жеке адамның қоғамда өмір сүруіне қажет ілімдер, ережелермен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі.*

**ӘЛЕУМЕТТЕС**= ет. *Адамдардың қоғамдастыққа бейімдесіп, әлеуметтік тәжірибені игерісуі.*

**ӘЛЕУМЕТТЕСУ** *Әлеуметтес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛЕУМЕТТІК** сын. *Қоғамдық, өмірлік, қоғамға тән.*

**Әлеуметтік аурулар**. терм. *Қоғамдық құрылысқа, экономикалық жағдайға байланысты туындайтын аурулар.* **Әлеуметтік әріптестік**. қоғ.-саяси. *Қызметкерлер, жұмыс берушілер және атқарушы органдардың көзқарастары мен мүдделерін біріктіру мақсатында жүзеге асырылатын қатынастар мен механизмдер жүйесі.* **Әлеуметтік бағдарлама**. қоғ.-саяси. *Мемлекеттік бағдарламаның ішіндегі халықтың хал-ахуалын, әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ұйымдастыруға арналған кешенді іс-шаралардың жоспары.* **Әлеуметтік басқару.** қоғ.-саяси. *Қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп, оның салалық сипаты мен ерекшеліктерін сақтау, жетілдіру, сол арқылы қоғамның болмысына ықпал ету.* **Әлеуметтік билік**. саяси. *Қандай да болмасын адамдар тобына тән, еріксіз бағындыруға сүйенетін, субъектілер араларында болатын үстемділік пен бағыныштылық қатынастары.* **Әлеуметтік гигиена**. терм. *Медицина және денсаулық сақтау проблемаларын зерттейтін ғылым.* **Әлеуметтік жағдай**. саяси. *Қандай дабір мемлекет, әкімшілік-территориялық тұтастығы, халықтың тұрмыс- жағдайы.* **Әлеуметтік жәрдемақы**. қаржы. *Қоғам тарапынан берілетін ақшалай көмек.* **Әлеуметтік жеке код**. қаржы. *Жеке зейнетақы шоттарын енгізу мен оған бақылау жасау, азаматтарды бірегейлендіру бойынша басқа да әлеуметтік рәсімдер мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандыруға құқығы бар әрбір азаматқа тағайындалатын тұрақты жеке код.* **Әлеуметтік жеңілдік**. саяси. *Қоғам, мемлекет тарапынан жасалатын қаржылай, материалдық, тұрмыстық т.б. жәрдем.* **Әлеуметтік жік**. қоғ.-әлеум. *Қандай дабір әлеуметтік белгілері бойынша жіктелетін адамдардың тобы, қоғам.* **Әлеуметтік кепілдік**. қоғ.-саяси. *Қоғам мүшесінің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси құқықтарын материалдық және құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету.* **Әлеуметтік қамсыздандыру**. қоғ.-әлеум. *Еңбек етуге қабілетсіз адамдарды материалдық және тұр - мыстық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі.* **Әлеу меттік лингвистика**. лингв. *Тіл мен қоғамды себептік өзара қатыстылықта зерттейтін тіл білімінің саласы.* **Әлеуметтік лирика**. әдеб. *Қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғайтын ақынның заманға, халықтың тарихы мен бүгінгі тағдырына көзқарасын білдіретін лирикалық жанрдың үлкен саласы.* **Әлеуметтік мұқтаждық**. қоғ.-саяси. *Қоғамдық қажеттік.* **Әлеуметтік міндеттеме**. қоғ.-саяси. *Қоғамдық талап, тапсырыс.* **Әлеуметтік психология**. психол. *Адамдардың әлеуметтік топтарға қосылуынан туындаған мінез-құлық және қарекет заңдылықтарын, сондай-ақ осы топтардың өздерінің психологиялық сипаттамаларын зерттейтін психология саласы.* **Әлеуметтік сақтандыру**. қоғ.-әлеум. *Еңбекке жарамсыз болып қалуына, жасы келуіне немесе өзге де заңда көрсетілген жағдайларға байланысты азаматтарды материалдық қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі.* **Әлеуметтік стереотип**. қоғ.-саяси. *Әлеуметтік объектінің (топ, адам, оқиға, құбылыс т.б.) қоғамда қабылданған орнықты және ұстірттеу бейнесі.* **Әлеуметтік тапсырыс**. қоғ.-саяси. *Белгілі бір затты, бұйымды, тауарды дайындау қажеттігі туралы қоғамдық тапсырма.* **Әлеуметтік топ**. қоғ.-саяси. *Мүдделері ортақ, уәждемелік және құндылық тұрғысынан бағдарлануы, мінез-құлық нормалары, әлеуметтік қарекеті ұқсас адамдардың тарихи белгілі бір қоғам шеңберінде қалыптасқан біршама тұрақты тобы.* **Әлеуметтік төлем**. саяси. *Қоғам, мемлекет тарапынан төленетін қаржы.* **Әлеуметтік тұрмыс деңгейі.** қоғ. *Адамдардың тұрмыс-тіршілігінің күйі.*

**ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Әлеуметтік психологияға тән.*

**ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ** сын. *Тұрмыстық мұқтаждықтар саласындағы қоғамдық көмектерге қатысты.*

**ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ** сын. қоғ.-саяси. *Қоғамның саяси құрылысы мен ахуалына қатысты.*

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Әлеуметтік экономикаға тән.*

**ӘЛЕУМЕТШІ** зат. *Әлеуметшіл, халықтың сөзін сөйлейтін адам.*

**ӘЛЕУМЕТШІЛ** сын. *Әлеуметтің жанашыры, соның жоғын жоқтайтын, көпшіл.*

**ӘЛЕУМЕТШІЛДІК** зат. *Халық ісіне берілгендік.*

**ӘЛЕУМЕТШІЛІК** зат. сөйл. ***Әлеуметшілдік.***

**ӘЛЕУСІРЕ** = ет. сөйл. ***Әлеусіре.***

**ӘЛЕУІТ** зат. сөйл. ***Әлеует.***

**ӘЛЕУІТТІ** сын. сөйл. ***Әлеуетті.***

**ӘЛ-ЖАЙ** зат. сөйл. ***Хал-жай.***

**ӘЛЖУ** сын. сөйл. ***Әлжуаз.***

**ӘЛЖУАЗ** сын. **1**. *Нәзік, арық.* **2.** *Әлсіз, осал, қауқарсыз.*

**ӘЛЖУАЗДАУ** сын. **1**. *Нәзіктеу, ашаңдау.* **2**. *Осалдау, бостау.*

**ӘЛЖУАЗДЫҚ** зат. *Әлсіздік, осалдық.*

**ӘЛИ: әли болсын**. этн. сөйл. ***Әлей болсын.***

**ӘЛИК: әлик алды.** сөйл. ***Әлік алды.***

**ӘЛИКСӘЛЕМ** зат. этн. сөйл. ***Әлейкумассалам.***

**ӘЛИКУМССАЛАМ** зат. этн. сөйл. ***Әлейкумассалам.***

**ӘЛИФ** зат. кіт. **1**. ***Әліп.*** **2**. *Араб әліпбиінің бірінші әрпі.*

**ӘЛИФ-БИ** зат. ескікіт. ***Әліпби.***

**ӘЛКЕНШЕК** зат. сөйл. ***Әткеншек.***

**ӘЛКЕС-ШӘЛКЕС** сын. **1**. *Шартпа-шұрт, бірде олай, бірде былай.* **2**. ауыс. *Аумалы-төкпелі, аласапыран.*

**ӘЛ-КҮШ** зат. *Күш-жігер, қайрат.*

**ӘЛ-ҚАДАРЫНША** үст. кіт. *Шама-шарқынша, әлі келгенше.*

**ӘЛҚАМ** зат. діни. кіт. ***Әлхам.***

**ӘЛҚИССА** [ар. الحمد] мод. фольк. *Қысқаша айтқанда, бір сөзбен айтқанда, сөй-*

*тіп, сонымен деген мағынаны білдіретін екі оқиғаны бір-бірімен жалғастыру үшін сөзбасында келетін қыстырма сөз.*

**ӘЛ-ҚУАТ** [ар. حال قوة] зат. *Бойдағы күш-жігер, қайрат.*

**ӘЛЛО** од. сөйл. ***Алло.***

**ӘЛМЕ-ӘЛ** үст. жерг. *Жиі-жиі, ауық-ауық, мезгіл-мезгіл.*

**ӘЛМЕК-СӘЛМЕК** сын. сөйл. *Іркес-тіркес, кезек-кезек.*

**ӘЛМЕН** зат. жерг. *Әл, күш, қуат.*

**ӘЛМЕНДІ** сын. *Күшті, қуатты.*

**ӘЛМЕНДІРЕК** сын. жерг. *Күші басым, үстем, әлдірек.*

**ӘЛМИСАҚ** [ар. الميثاق] үст. *Атам заманғы, баяғы; адамның алғаш сәждеге бас қойған заманы.*

**Әлмисақтан бері [келе жатқан]**. *Ертеден,баяғыдан-ақ, бұрыннан.*

**ӘЛПЕЗ** зат. көне. *Күй, қалып.*

**ӘЛПЕЙІМ** сын. *Бірде олай, бірде бұлай, құбылмалы.*

**ӘЛПЕН** зат. өс. *Биіктігі 150-180 см-дей, гүлінің түсі ашық сары, қоңыр қызыл болып келетін көпжылдық әсемгүл.*

**ӘЛПЕНШЕК**[1] зат. сөйл. ***Әткеншек.***

**Әлпеншек тепті**. *Тербелді, қозғалды, шайқалды.*

**ӘЛПЕНШЕК**[2] зат. өс. <лат. pododendron> *Таулы, орманды жерлерде өсетін, биіктігі 2-6 метр, жапырақтары қалыңдау, ірі, ақсары, қызыл түсті гүлдері шатырша гүл шоғырына топталған, көкбұта тұқымдасына жататын бұталы өсімдік.*

**ӘЛПЕТ**[1] зат. **1**. *Кескін-келбет, ұсқын, түр-нұсқа, кейіп.* **2**. *Жалпы көрініс, бағдар, бет, түр.*

**Әлпет білдірді [көрсетті]**. *Белгі берді, сыңай танытты, сездірді.*

**ӘЛПЕТ**[2] зат. көне. ескікіт. *Рұқсат.*

**ӘЛПЕТСІЗ** сын. *Ұсқынсыз, кескінсіз.*

**ӘЛПЕТТЕС** сын. *Түстес, кескіндес, іспеттес, тәріздес.*

**ӘЛПЕТТІ** сын. **1**. *Кескіндес, іспеттес.* **2**. *Келбетті, келіскен.* **3**. *Сияқты, тәрізді.*

**ӘЛПЕШ** зат. **1**. *Аялы мейірім, ерекше күтім.* **2**. *Аялаған бала, сәби.*

**ӘЛПЕШТЕ** = ет. **1**. *Бетінен қақпай, мәпелеп өсіру, аялау.* **2**. ауыс. *Ғылым-білім беріп тәрбиелеу, ер жеткізу.* **3**. *Бағып-қағу, күту.*

**Әлпештеп асырады**. *Алақанға сап бағып-қақты.*

**ӘЛПЕШТЕН**= ет. *Мәпелену, еркелеп өсу.*

**ӘЛПЕШТЕНУ** *Әлпештен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛПЕШТЕС**= ет. *Бірге әлпештеу, аялау, бағып-қағып күтісу.*

**ӘЛПЕШТЕТ**= ет. *Аялату, бағып-қаққызу, мәпелету.*

**ӘЛПЕШТЕУ** *Әлпеште етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛПЕШТІ** сын. **1**. *Аялы, жұмсақ, мейірбан.* **2**. ауыс. *Қадірлі, құрметті.*

**ӘЛПІ** зат. сөйл. ***Әлпет.***

**ӘЛПІГҮЛ** зат. өс. <лат. lomatogonium> *Қандауыр пішіндес жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, гүлдері масақ гүлшоғырына топтасқан, жемісі қорапша тәрізді көкгүлдер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ӘЛПІНШЕК** зат. сөйл. ***Әткеншек.***

**ӘЛСІЗ** сын. **1**. *Күші кем, қауқарсыз, мықты емес.* **2**. ауыс. *Жай, баяу, сылбыр, солғын, көмескі.* **3**. ауыс. *Осал, босаң, кемшін.* **4**. ауыс. *Әл-ауқаты төмен, жарлы, кедей.* **5**. ауыс. *Әлеуетсіз, қуатсыз.* **6**. ауыс. *Толық әсер ете алмайтын, күші аз, күші төмен.*

**Әлсіз жатыр**. *Әл үстінде, ауыр халде болды.*

**ӘЛСІЗДЕ**= ет. сөйл. *Әлсіреу, әлі кету, әлсіздену.*

**ӘЛСІЗДЕН**= ет. **1**. *Әлі кету, күші қайту.* **2**. ауыс. *Көмескілену, солғындану, бәсеңсу.*

**ӘЛСІЗДЕНУ** *Әлсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛСІЗДЕУ** сын. **1**. *Әлжуаздау, осалдау, босаңдау.* **2**. ауыс. *Көмескілеу, солғындау, бәсең.* **3**. ауыс. *Нашарлау, сапасыздау.*

**ӘЛСІЗДІК** зат. **1**. *Күш-қуаты, қайрат-жігері кемдік, әлеуетсіздік.* **2**. мед. <грек. astheneia> *Адамның қажу, жүдеу, ақылой және дене еңбегімен ұзақ уақыт айналыса алмай, әлсіреуімен сипатталатын күйі.* **3**. ауыс. *Осалдық, бостық.*

**ӘЛСІН-ӘЛСІН** үст. *Ауық-ауық, дамыл-дамыл, мезгіл-мезгіл.*

**ӘЛСІН-ӘЛІ** үст. сөйл. ***Әлсін-әлсін.***

**ӘЛСІРЕ**= ет. **1**. *Бойдағы күш-қуаты азаю, шаршау, қалжырау.* **2**. ауыс. *Солғындау, бәсеңдеу.* **3**. ауыс. *Басымдылықтан айырылу, беделі түсу, сапасы кему.*

**ӘЛСІРЕГЕНДІК** зат. *Шаршағандық, қалжырағандық, әлсізденгендік.*

**ӘЛСІРЕН**= ет. *Өлеусіреу, солу, сапасын жоғалту.*

**ӘЛСІРЕТ**= ет. **1**. *Күш-қуатын қайтару, күшін азайту, төмендету, бетін қайтару.* **2**. *Шаршату, әлсіздендіру.* **3**. ауыс. *Бәсеңдету, солғындату, әсерін төмендету.*

**ӘЛСІРЕТУ** *Әлсірет етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Күшін азайту, төмендету.* **2**. ауыс. *Солғындату, бәсеңдету.* **3**. ауыс. *Құлдырату, ыдырату, тоздыру.*

**ӘЛСІРЕУ** *Әлсіре етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Күші азаю.* **2**. *Шаршау, күш-қуаттың кемуі.* **3**. ауыс. *Солғындау, көмескілену.*

**ӘЛТАМАН** үст. сөйл. *Соңыра, кейінірек.*

**ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК** елік. *Аяғын қалт-құлт, әрең-әрең басқан қимылды білдіретін сөз.*

**ӘЛУЕТ** зат. сөйл. ***Әлеует.***

**ӘЛУЕТСІЗ** сын. сөйл. *Әлсіз, күші кем.*

**ӘЛУЕТТІ** сын. **1**. *Күшті, қарулы, әлді.* **2**. ауыс. *Ауқатты, тұрмысы жақсы.*

**ӘЛУСІРЕ**= ет. сөйл. ***Өлеусіре.***

**ӘЛ-ХАДАРЫНША** үст. ескікіт. ***Халқадарынша.***

**ӘЛХАМ** [ар. الحمد] зат. діни. *Құранның аятында кездесетін діни сөз және осы сөзден басталатын аяттың аты.*

**ӘЛХАМДА**= ет. діни. *Әлхамнан басталатын дұғаны оқу.*

**ӘЛХАМДИЛЛА** [ар. الحمد لله] од. діни. *Аллаға мадақ дегенді білдіретін, салауат айту ишараты.*

**ӘЛХАМДУЛЛА** од. діни. ***Әлхамдилла.***

**ӘЛХАСЫЛ** од. діни. ескікіт. *Бір сөзбен, қысқаша айтқанда; әлқисса.*

**ӘЛ-ШАМА** зат. **1**. *Күш-қуат, әл-дәрмен.* **2**. ауыс. *Шама-шарық, қолдан келер іс.*

**ӘЛІ** үст. **1**. *Осы уақытқа дейін, қазірге дейін.* **2**. *Тағы да, бұдан кейін де.* **3**. *Қоймай, үсті-үстіне, қайта-қайта.*

**Әлі де болса.** а) *Осы күнге дейін; біразға дейін.* ә) *Тағы да, бұдан басқа; мұның үстіне.* **Әлі күнге**. *Күні бүгінге дейін.*

**ӘЛІ-АҚ** үст. *Көп ұзамай-ақ, лезде, жылдам.*

**ӘЛІК: әлік алды.** *Сәлемін қабыл алды, қабылдады.*

**ӘЛІКСӘЛЕМ** од. этн. сөйл. *Әлейкумассалам сөзінің қысқарған түрі.*

**ӘЛІМ** [ар. ألم] зат. ескікіт. ***Ғалым.***

**ӘЛІМ-БЕРІМ** үст. *Біршама, ептеп-септеп, орташа.*

**ӘЛІМЖЕТТІК** зат. *Қоқан-лоқы, күш көрсетушілік.*

**Әлімжеттік қылды [жасады, істеді]**. *Күшінің басымдығын көрсетті, қысым жасады.*

**ӘЛІМЗАДА** зат. ескікіт. *Білімділер ұрпағы.*

**ӘЛІМСАҚТАН** үст. сөйл. ***Әлмисақтан.***

**ӘЛІНШЕ** үст. *Қолдан келгенше, мүмкіндігінше, барынша.*

**ӘЛІП**[1] [ар. الف] зат. **1**. *Араб әліпбиінің бірінші әрпінің аты.* **2**. ауыс. *Әріп.*

**Әліп түс**. этн. тілек. *Құмалақ салғанда оңынан түс деген мағынаны білдіретін сөз.* **Әліптің артын бақты.** *Істің аңысын аңдыды, алды-артын бағдарлады.* **Әліптің атын білмес**. *Сауатсыз, надан.* **Әліпті таяқ деп білмейді**. а) *Сауатсыз, хат танымайды.* ә) *Надан, топас.*

**ӘЛІП**[2] зат. *Қалып, түр, бейне, әлпет, кейіп.*

**ӘЛІПБИ** [ар. الفباء] зат. **1**. <грек. alphabetos> *Жазуда қолданылатын әріптердің белгілі бір тәртіппен орналасқан жиынтығы.* **2**. лингв. *Дыбыстық жазуға негізделген қандай да бір тілдің жазуындағы дыбыстарды, олардың тіркесін, белгісін таңбалайтын әріптердің жүйесі.* **3**. ауыс. *Бір нәрсенің бастамасы, бет ашары.*

**Байтұрсынұлы әліпбиі**. лингв. *Графикалық таңбалар саны негізгі дыбыстар (фонемалар) санынан кем түсетін араб графикасы негізінде қазақ тіліне арналып жасалған, әлемдік тіл ғылымында феномен ретінде танылған ықшам әрі жүйелі әліпби [А.Байтұрсынов (1872–1938) – 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялыларының көсемі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ филологиясының (ғылымдарының) негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы].*

**ӘЛІПБИДЕЙ: әліпбидей жатталды**. *Әбден үйреншікті болды, сіңісті болды.*

**ӘЛІПБИЛІК** сын. *Әліпбиге тән, әліпбиге қатысты.*

**Әліпбилік каталог**. *Кітапхана ісінде әліпби ретімен автордың аты-жөні, шығарманың атауы жазылған деректер жүйесі.*

**ӘЛІПМАЙ** зат. сөйл. *Олифа майы.*

**ӘЛІППЕ** зат. **1**. ***Әліпби.*** **2**. *Қандай да бір ортада немесе бір қызмет түрінде қатынас және басқада мақсаттар үшін қолданылатын шартты белгілер жүйесі.* **3**. *Оқу мен жазуды үйрететін бірінші кітап, тұңғыш оқулық, кесте т. б.* **4**. ауыс. *Кез келген ғылым, білім жүйесінің және т. б. негізгі, қарапайым ережелері.* **5**. ауыс. *Бір нәрсенің бастамасы, беташары.*

**ӘЛІППЕДЕЙ** сын. *Әліппе сияқты, әліппе тәрізді.*

**ӘЛІПТЕ**= ет. *Суреттеу, қалыптау, сипаттау.*

**ӘЛІПТЕЙ** сын. *Әліп сияқты, әліп тәрізді, тік, сорайған.*

**ӘЛІПТЕЛ**= ет. *Белгілену, сипатталу.*

**ӘЛІПТЕМЕ** зат. әдеб. *Суреттеме, сипаттама.*

**ӘЛІПТЕН**= ет. *Қалыптану, кейіптену.*

**ӘЛІПТЕС** сын. *Тәріздес, іспеттес.*

**ӘЛІПТЕУ** *Әліпте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘЛІПТЕУШІ** зат. *Әліптеуді іске асырушы, жазушы.*

**ӘЛІПТІ** сын. сөйл. ***Әліптес.***

**ӘМ** [ир. هم] шыл. *Әрі, және деген мағынадағы жалғаулық шылау.*

**ӘМА** шыл. ескікіт. *Және, әрі.*

**ӘМАН** [ир. همان] үст. сөйл. ***Әмәнда.***

**ӘМАНДА** үст. сөйл. ***Әмәнда.***

**ӘМӘ** сын. ескікіт. *Күллі, бүкіл.*

**ӘМӘНТУ** зат. діни. *Ислам дінінде сенілуі қажет болған алты негізгі шарт.*

**ӘМӘЛІК** зат. діни. *Мұсылман аңыздарында кездесетін ежелгі халық.*

**ӘМӘН** үст. сөйл. ***Әмәнда.***

**ӘМӘНДА** үст. ескікіт. *Әр уақытта, ылғи, ұдайы, әрқашан.*

**ӘМБЕ** [ир. همه] зат. *Барша, жалпы, барлық, күллі.*

**Әмбеге аян**. *Баршаға, жалпыға, көпке мәлім, жария.*

**ӘМБЕБАП** [ир. همه باب] сын. <лат. universalis> **1**. *Жан-жақты, көп қырлы, бесаспап (адам).* **2**. *Алуан түрлі, сан салалы (зат, нәрсе).* **3.** *Қызметі жан-жақты, көп іске бейім (машина т.б.).*

**Әмбебап домбыра.** этн. *Шанағы жұқа, екі қапталына екі-екіден бекітілген төрт ішек тартылып, олар екі-екіден бекітілген төрт құлақ арқылы керіліп тұратын, екі жағында бірдей тиегі бар, шанақтың екі жағы бірдей қақпақ қазақы домбыра.*

**ӘМБЕБАПТАН**= ет. *Көп қырлы, жан-жақты болу, бесаспап атану.*

**ӘМБЕБАПТАНУ** *Әмбебаптан етістігінің қимыл атауы.*

**ӘМБЕБАПТЫҚ** зат. *Көп қырлылық, жан-жақтылық, бесаспаптық.*

**ӘМБИЕ** [ар. أنبياء] зат. сөйл. ***Әнбие.***

**ӘМБІ** зат. тар. көне. *Уәзір.*

**ӘМЕЙІ** сын. жерг. *Жай, әншейін, қатардағы.*

**ӘМЕКТЕС** зат. көне. <франц. compagnon> *Серіктес; кәсіпорын, фирмаларды бірлестіріп, оларға қожалық етуші.*

**ӘМЕКТЕСТІК** зат. көне. *Серіктестік.*

**ӘМЕН** үст. сөйл. ***Әмәнда.***

**ӘМЕНГЕР** зат. сөйл. ***Әмеңгер.***

**ӘМЕНГЕРЛІК** зат. сөйл. ***Әмеңгерлік.***

**ӘМЕНГЕРШІЛІК** зат. сөйл. ***Әмеңгерлік.***

**ӘМЕНДЕ** үст. сөйл. ***Әмәнда.***

**ӘМЕҢГЕР** [ар. امانگر] зат. көне. этн. *Қазақ дәстүрі бойынша жесір әйелдің күйеуінің орнын басуға құқылы қайын не қайынағасы.*

**ӘМЕҢГЕРЛІК** зат. көне. әлеум.-құқ. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы күйеуі өліп, жесір қалған әйелдің қайнағасына, не қайнысына немесе басқа бір жақын туыстарына қосылу, некелесу салты.*

**ӘМЕҢГЕРШІЛІК** зат. сөйл. ***Әмеңгерлік.***

**ӘМИН** сын. ескікіт. *Сенімді, адал, анық; сақтаушы; байқаушы; басқарушы.*

**ӘМИН** од. діни. ***Әумин.***

**ӘМИЯН** [ар. هميان] зат. *Ақша салатын кішкентай қалта, шилан.*

**ӘММӘ**[1] зат. сөйл. ***Әмбе.***

**ӘММЕ**[2] зат. сөйл. *Әмбе, әрі, және.*

**ӘММЕ** үст. сөйл. ***Әмбе.***

**ӘММӘН** үст. сөйл. *Әбден, барынша.*

**ӘМПАЙ-ЖӘМПАЙ** сын. сөйл. ***Әмпей-жәмпей.***

**ӘМПЕЙ** [ар. همپاي] сын. **1**. *Бір-біріменауыз жаласқан, сырлас, әкей-үкей.* **2**. *Ашыналас, көңілдес.*

**ӘМПЕЙ-ЖӘМПЕЙ** сын. *Ымы-жымы бір, ауыз жаласқан, көңілдес, сырлас.*

**Әмпей-жәмпей болды**. *Ым-жымы бір болды, сөзі жарасты.*

**ӘМПЕЙЛЕС** сын. *Сыбайлас, жақтас.*

**ӘМПЕЙЛЕС** = ет. *Бір-бірімен ауыз жаласу, әмпей-жәмпей болу.*

**ӘМПЕЙЛЕСУ** *Әмпейлес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘМПЕЙЛЕУ** сын. *Сыбайластау, көңілдестеу.*

**ӘМПЕЙЛІК** зат. *Ауыз жаласқандық, әкей-үкей болушылық.*

**ӘМПЕЙСІЗ** сын. *Жақындықсыз, қатыссыз.*

**ӘМПИ-ЖӘМПИ** сын. сөйл. ***Әмпей-жәмпей.***

**ӘМРА** зат. ескікіт. *Дос, жолдас.*

**ӘМСЕ** сөйл. үст. ***Әмісе.***

**ӘМІР**[1] [ар. أمر] зат. **1**. *Бұйрық, жарлық, үкім.* **2**. тар. *Шығыс елдеріндегі әскербасылық атақ.* **3**. тар. *Байырғы түркі халықтарында мыңдық, он мыңдық (түмен) әскерді басқарып, кейіннен елбасылықты да ұстаған билеуші топтың атауы.* **4**. ауыс. *Билеуші, билік иесі.*

**Әмір берді [етті, қылды]**. а) *Бұйырды, өктем сөйледі, билік жасады.* ә) *Басқарды, жарлық етті, билігін жүргізді.* **Әмір құлы.** *Берілген әмірді орындаушы.* **Әмір мағруф.** ескікіт. *Ғылым-білім иесі.* **Әмірі жетті**. *Құдіреті келді, күші жетті.* **Әмірі жүрмейді**. *Күші келмейді, билігі өтпейді.* **Әмірінде болды**. *Қарауында, иелігінде болды.* **Әмірін екі етпеді**. *Айтқанын бұлжытпай орындады.* **Әмірін жүргізді**. а) *Дегеніне көндірді, билік құрып, үстемдік жасады.* ә) *Сөзін тыңдатты, бағындырды.* **Әмірін өткізді**. *Тілін алдырды.*

**ӘМІР**[2] зат. жерг. *Дамыл, тыным, тыныштық.*

**ӘМІРДЕЙ** сын. *Жарлықтай, бұйрықтай.*

**ӘМІРЕ**[1] зат. сөйл. ***Әміркен.***

**ӘМІРЕ**[2]**: әміре болды**. сөйл. *Ымыралы; тату, дос болды.*

**ӘМІРКЕН**[1] [ор.американский] зат. сөйл. *Жылтыр, жұқа былғары.*

**ӘМІРКЕН**[2] зат. кәс. егіншар. *Сырты жолақ, іші қызыл, еті қаттылау қауынның бір түрі.*

**ӘМІРҚАН** зат. сөйл. *Әміркен (жылтыр,жұқа, былғары).*

**ӘМІР-ҚҰДІРЕТ** зат. *Билік, үстемдік, қуат, күш.*

**ӘМІРЛІ** сын. *Қаһарлы, ызбарлы, сесті, зәрлі.*

**Әмірлі дауыс**. *Бұйрықты, әуезді, зекіген дауыс.*

**ӘМІРЛІК** зат. тар. **1.** *Орта ғасыр мен жаңа дәуірде мұсылмандар тұратын Шығыс елдердегі феодалдық мемлекет немесе феодалдық меншік.* **2**. *Әмір лауазымы, әмір атағы.*

**ӘМІРСІН**= ет. *Әмір болғансу, өзін әмірдей, зор билік иесіндей ұстау.*

**ӘМІРШІ** зат. көне. **1**. *Басқарушы, нұсқау-жарлық беруші адам.* **2**. ауыс. *Қожа, ие.*

**ӘМІРШІДЕЙ** сын. *Әмірші, сияқты, әмірші тәрізді.*

**ӘМІРШІЛ** сын. саяси. *Бір орталыққа бағындырылған жүйеге қатысты әмір жүргізгіш, бағындырушы.*

**ӘМІРШІЛДІК** зат. **1**. ***Әміршілік.*** **2**. экон. *Белгіленген жоспар, бұйрық бойынша ғана жүзеге асырылатын экономиканы басқарудың әдісі.*

**ӘМІРШІЛІК** зат. *Әмір айтқыштық, әмір жүргізушілік, әмір бергіштік.*

**ӘМІСЕ** [ир. هميشه] үст. *Әрқашан, әрдайым, ылғи да, үнемі.*

**ӘН** [ир. هنگ] зат. **1**. *Шағын өлең мәтіндерін шырқатып айтуға арналған әуен.* **2**. муз. *Поэтикалық және музыкалық бейнелердің бірлігінен туған вокалдық музыканың бір түрі, халық арасында кең тараған музыкалық жанр.* **3.** ауыс. *Сайрағыш құстардың әдемі дауысы, үні.*

**Ән бастады.** *Бірінші болып ән айтты.* **Әнге басты**. *Ән салды, әндетті.* **Әнге қосты**. *Әнмен айтты.* **Әнге қосылды**. *Айтылып жатқан әнге ерді, қоштады.* **Ән өлеңі**. әдеб. *Әнге арнап жазылған, әнмен айтылатын өлең, әдебиеттануда поэзиялық жанрдың саласы.* **Ән сазы**. *Ән музыкасы, әуезі.* **Ән салды [айтты]**. *Өлеңді әуендетіп айтты.* **Ән шырқады**. *Тамылжыта ән салды.* **Әніне басты**. *Ескі әдетіне қайта түсті.*

**ӘНАУГІ** сын. сөйл. ***Әнеугі.***

**ӘН-ӘУЕН** зат. *Саз, әуеннің жалпы атауы.*

**ӘН-БИ: ән-би ансамблі**. өнер. *Музыкалық және хореографиялық өнердің алуан түрін орындаушылардың тобы, ұжымы.*

**ӘНБИЕ** [ар. أنبياء] зат. діни. ***Пайғамбарлар.***

**ӘНБИЯ** зат. діни. ескікіт. ***Әнбие.***

**ӘНБОЗ** зат. стиль. ***Әнші.***

**ӘНГЕЛ** зат. жерг. тамақ. *Ашытпай пісірген дөңгелек нан, бәтір.*

**ӘНҒАМ** зат. ескікіт. *Сыйлық, ақы, мал.*

**ӘНҒАМ: әнғам қылды.** ескікіт. *Баяндады, баян етті.*

**ӘНДЕЙ** сын. *Ән тәрізді, ән сияқты.*

**ӘНДЕМДЕ** үст. сөйл. *Заматта, лезде, демде.*

**ӘНДЕМДІ** сын. *Күшті, қуатты, қайратты, қарулы.*

**ӘНДЕМЕ** зат. жерг. *Сылақ тегістейтін қалақ.*

**ӘНДЕТ**= ет. **1**. *Әуендетіп, шырқап ән салу.* **2**. ауыс. *Құстардың шырылдап дыбыс шығаруы, сайрауы.* **3**. ауыс. *Ызыңдаған, гуілдеген дыбыс шығару.*

**ӘНДЕТУ** *Әндет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘНДИҚҰЛ** зат. көне. ойын. *Ойын-сауық кешінде жастар ойнайтын ойын түрі.*

**ӘНДИША** сөйл. ***Әдиса.***

**ӘН-ДУМАН** зат. *Өлең-жыры, әсем әуені аралас ойын-сауық.*

**ӘНДІГЕН** зат. көне. этн. *Жебенің бір түрі.*

**ӘНЕ** зат. *Анау деген мағынада қолданылатын сілтеу сөз.*

**ӘНЕБІР** зат. *Ана біреу.*

**ӘНЕБІРЕУ** зат. сөйл. ***Әнебір.***

**ӘНЕЙІМЕН** үст. жерг. ***Әдейі.***

**ӘНЕКЕЙ** зат. сөйл. ***Әнеки.***

**ӘНЕКИ** зат. **1**. *Әне деген мәнде жұмсалатын сілтеу сөз.* **2**. ауыс. *«Айттым ғой», «ескертіп едім», «көрдің бе» деген мағынаны білдіретін сөз қолданыс.*

**ӘНЕ-МІНЕ** үст. **1**. *Осы қазір, кешікпей, тез, енді-енді.* **2**. *Өйтіп-бүйтіп, ілдалдалап.*

**Әне-міне дегенше**. *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.*

**ӘНЕС** ор. зат. өс. сөйл. ***Анис.***

**ӘНЕУ** зат. сөйл. ***Анау.***

**ӘНЕУГҮНГІ** сын. *Осыдан біраз күн бұрынғы, әнеугі.*

**ӘНЕУГҮНІ** үст. *Осыдан біраз күн бұрын.*

**ӘНЕУГІ** сын. сөйл. ***Әнеугүнгі.***

**ӘНЕУГІДЕН** үст. *Анау күнгіден, анадағыдан.*

**Әнеугіден бері**. *Біраздан бері.*

**ӘНЖАМ** зат. этн. ескікіт. *Ат саймандары, ер-тоқым.*

**ӘНЖЕМ** зат. этн. жерг. *Ер-тұрман, ат сайманы, әбзелі.*

**ӘНЖЕМДІ** сын. *Бапты, мықты, әлді, қарулы.*

**ӘН-ЖЫР** зат. *Өлең-дастан, ән мен жырдың жиынтығы.*

**ӘНЖІ** зат. кәс. малшар. *Ірің ағызу үшін жауыр жерден өткізілген қыл.*

**ӘНЖІМДІ** сын. сөйл. ***Әнжемді.***

**ӘНЖІМЕ** зат. этн. *Ер қапталының алдынан өмілдірік, артынан құйысқан бекітілетін шығыршық.*

**ӘНИ** тат. зат. жерг. *Үлкен шеше.*

**ӘН-КҮЙ** зат. *Ән және күй аралас музыкалық туындылар, аспапты саз бен әуенді өлең шығармалары.*

**Ән-күй сабағы**. пед. *Ән мен күй, саз өнеріне баулитын сабақ оқу пәні.*

**ӘНҚОЙ** сын. *Әнді сүйетін, ән айтқыш.*

**ӘНҚҰМАР** сын. *Әнді жақсы көретін, сүйетін, сауықшыл, ән-жырға құмар.*

**ӘНПАЗ** сын. *Әнді шебер орындайтын, әншілігі асқан.*

**ӘН-САУЫҚ** зат. *Қызығы мол, ән-жыры көп думан.*

**ӘНСЫМАҚ** зат. эмоц. кекесін. *Нағыз ән емес, нашар ән.*

**ӘНСІЗ** сын. *Ән өнері жоқ, әні болмаған.*

**ӘНТЕК** [ир. اندک] үст. 1. *Болар-болмас, сәл ғана, азғана.* 2. *Өзінше, басқаша, оғаш, өзгеше.*

**Әнтек болды**. *Оғаш болды, орынсыз, ағаттық болды.*

**ӘНТЕК-ТӘНТЕК** елік. сөйл. ***Әлтек-тәлтек***.

**ӘНТЕКТЕУ** сын. *Сәл лайықсыздау, орынсыздау.*

**ӘНТЕКТІК** зат. *Ағаттық, орынсыздық, оғаштық.*

**ӘНТІРЕК-ТӘНТІРЕК** елік. *Қалтаң-құлтаң, тәлтірек-тәлтірек.*

**Әнтірек-тәнтірек басты**. *Қалт-құлт етіп, әрең жүрді.*

**ӘНҰРАН** зат. қоғ.-саяси. <грек. hymnos> **1.** *Мемлекеттің рәмізі ретінде қабылданған салтанатты ән.* **2.** *Қандай да бір әлеуметтік топтың бірлігінің символы ретінде қабылданған салтанатты ән.* **3.** муз. *Салтанатты сарындағы біреуді немесе бір нәрсені ұлықтайтын музыкалық шығарма немесе оның (әдетте соңғы) бөлігі.*

**ӘНҺӘМ** зат. діни. ескікіт. *Қызмет.*

**ӘНҺӘР** зат. діни. ескікіт. *Үлкен арық.*

**ӘНШЕЙІН** үст. 1. *Тегін, бекер, ақысыз.* **2.** ауыс. *Жай, құр-бекер, бос.*

**ӘНШЕЙІНДЕ** үст. *Жай уақытта, жайшылықта, әдетте.*

**Әншейінде ауыз жаппас**. *Жайшылықта өлең айтқыш не көп сөйлейтін, бірақ керек кезде үндемей қалатын (адам).*

**ӘНШІ** зат. 1. *Әнді нақышына келтіре жақсы орындаушы, ән айтушы.* **2.** муз. *Ән айтумен кәсіп ретінде арнайы айналысатын адам.*

**Әнші құм**. геогр. *Жел соққан кезде үн шығаратын құм шағылдар.* **Әнші құс**. *Сайрағыш құс.*

**ӘНШІ-АҚЫН** зат. *Әрі әнші, әрі ақын адам.*

**ӘНШІБЕК** зат. сөйл. экспр. *Әншіні құрметтеу, көтермелеу мағынасында айтылатын атауыш сөз.*

**ӘНШІ-ЖЫРШЫ** зат. *Ән мен жыр өнерпаздары.*

**ӘНШІ-КҮЙШІ** зат. *Ән және күй өнерпаздары.*

**ӘНШІЛ** сын. 1. *Әнді жақсы салғыш, ән айтқыш.* 2. ауыс. *Құйқылжытқыш, сайрағыш.*

**ӘНШІЛІК** зат. 1. *Ән орындаушылық шеберлігі.* 2. муз. *Музыканы әншінің дауыспен орындауы, музыкалық шығарманың бейнелі идеялық мазмұнын әнші дауысының мәнер-күшімен жеткізу, ашу өнері, вокалдық өнер.*

**ӘНІ** зат. сөйл. ***Әне***.

**ӘНІКИ** зат. сөйл. ***Әнеки***.

**ӘНІ-МІНІ** үст. сөйл. ***Әне-міне.***

**ӘҢГЕК** зат. жерг. *Жыра, шұқыр.*

**ӘҢГЕЛ**[1] зат. көне. ескікіт. *Сүйгені, теңі.*

**ӘҢГЕЛ**[2] сын. ескікіт. *Әумесер, есуас.*

**ӘҢГЕЛЕК**[1] зат. өс. кәс. *Домалақтау келген, ерте пісетін кішкене сары қауын.*

**ӘҢГЕЛЕК**[2] зат. сөйл. *Көздің қарашығы орналасқан дөңгелек, алма.*

**ӘҢГЕЛЕК**[3] зат. этн. ойын. *Қысқа таяқты лақтырып, шыркөбелек айналдырып ойнайтын таяқ ойыны.*

**Әңгелек ойнатты**. *Қиналмай, жеп-жеңіл, шыр көбелек айналдырды.*

**ӘҢГЕЛ-ШӘҢГЕЛ** сын. *Шұңірейген, сұрықсыз.*

**ӘҢГҮДІК** сын. *Даңғой, есерсоқ, әулекі, әумесер.*

**ӘҢГҮР** [ир. انگور] зат. жерг. ***Жүзім***.

**ӘҢГ** зат. 1. *Есектің, құланның айғыры.* 2. ауыс. *Әумесер, есалаң адам.*

**ӘҢГІЛЕН**= ет. *Әулекіленіп есерсоқтану, әумесерлену.*

**ӘҢГІЛЕНУ** *Әңгілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘҢГІЛЕУ** сын. *Есаландау, есер соқтау, әумесерлеу.*

**ӘҢГІЛІК** зат. 1. *Әңгі есекке тән қылық.* 2. ауыс. *Бас көзге қарамайтын есерлік, даңғойлық, әулекілік, әумесерлік.*

**ӘҢГІМЕ** зат. **1.** *Белгілі бір оқиғаны ауызша баяндау, жеткізу түрі.* 2. әдеб. *Қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.* 3. *Бір іспен байланысты мәселе.* 4. ауыс. *Ұсақ-түйек, өсек-аяң, сыбыс сөз.*

**Әңгіме айтты**. а) *Естігенін айтты, жұрттың сөзін жеткізді, сөйледі.* ә) *Жиған-түйгенін, білгенін айтты.* **Әңгіме арасында**. *Әңгіме барысында, әңгіме үстінде, әңгімесін айта отырып.* **Әңгіме көтерілді [қозғалды]**. кіт. *Бір мәселе жайлы сөз болды, мәселе қойылды.* **Әңгіме қозғады**. *Сөйледі, сөз етті, баяндады.* **Әңгіме қылды**. *Бір нәрсе жайлы сөз етті, баяндады, сипаттады.* **Әңгімені қойды**. *Анаумынау дегенді доғарды, сылтауратуды тоқтатты.* **Әңгіменің майын тамызды**. экспр. *Әңгімені бабына келтіріп айтты, жұртты қызықтырды.* **Әңгіменің шырқын бұзды.** *Әңгімесін бөліп кетті, кедергі келтірді.* **Әңгіме өткізді**. *Бір нәрсені түсіндіру мақсатымен қандай да бір адамдар ұжымының алдында сөз сөйлеп, дәріс оқыды, баяндама жасады.* **Әңгіме соқты**. сөйл. экспр. *Сөзді лепіріп, көпіртіп айтты.* **Әңгімесі жарасты**. *Тіл табысты, ойлары бір жерден шықты.* **Әңгіме шертті**. *Көңілді ұйытып, қызық оқиғаны баяндады.*

**ӘҢГІМЕ-АҢЫЗ** зат. сөйл. ***Аңыз-әңгіме.***

**ӘҢГІМЕ-ДУМАН** зат. сөйл. *Қызды-қызды сөз.*

**Әңгіме-думанға бөленді.** *Сырласты, сыр шертісті, әңгімелесті.*

**ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН** зат. экспр. *Қызды-қызды сөз, кең отырыс.*

**Әңгіме-дүкен құрды**. *Шүйіркелесті, сыр шертісті.*

**ӘҢГІМЕҚОЙ** сын. сөйл. ***Әңгімешіл***.

**ӘҢГІМЕҚҰМАР** сын. *Әңгімені жақсы айтатын, жақсы тыңдайтын, сөзшең, сөзуар.*

**ӘҢГІМЕЛЕ**= ет. *Бір нәрсе жайлы баяндау, жүйелеп айту.*

**ӘҢГІМЕЛЕН**= ет. *Баяндалу, айтылу, сөз болу.*

**ӘҢГІМЕЛЕС**= ет. 1. *Сөйлесу, шүйіркелесу, әңгіме айтысу.* 2. *Пікір алысу.*

**ӘҢГІМЕЛЕСУ**[1] зат. 1. пед. *Ақыл белсенділігін арттыруға бақытталған оқыту, тәрбие әдістерінің бірі.* **2.** психол. *Нақты жоспар бойынша күні бұрын әзірлеген сұрақтар арқылы бақылауға алынған адамның ерекшеліктерін, білім деңгейін тексеру әдісі.*

**ӘҢГІМЕЛЕСУ**[2] *Әңгімелес етістігінің қимыл атауы.* 1. *Сөйлесу, әңгіме айтысу.* 2. *Пікір алысу.*

**ӘҢГІМЕЛЕУ** *Әңгімеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘҢГІМЕЛІ** сын. *Әңгімесі көп, сөзі көп.*

**Әңгімелі болды.** *Басына іс түсті, қауіп төнді.*

**ӘҢГІМЕ-СҰҚПАТ** зат. сөйл. ***Әңгіме-сұхбат.***

**ӘҢГІМЕ-СҰХБАТ** зат. *Бетпе-бет кездесу арқылы пікір алысу, сұрақ-жауап.*

**ӘҢГІМЕСІЗ** сын. 1. әдеб. *Қарасөзбен жазылған шағын көркем шығармасыз.* 2. ауыс. *Ұсақ-түйек өсек-аяңсыз, сыбыссыз.*

**ӘҢГІМЕШІ** зат. 1. *Әңгіме айтуға шебер адам, әңгімені көп білетін шешен.* **2.** *Сөз сөйлеп отырған жақ, баяндаушы.* 3. ауыс. *Жазушы, әдеби шығармашылық шебері.*

**ӘҢГІМЕШІЛ** сын. *Әңгіме айтқанды ұнататын, ділмар, әңгіме айтқыш.*

**ӘҢГІМЕШІЛДІК** зат. *Әңгіме айтуға құмарлық, әңгіме айтқыштық.*

**ӘҢГІР** зат. 1. этн. көне. *Дабыл ұратын таяқ.* 2. ауыс. *Даңғыра, даңғаза.* 3. ауыс. *Шу, бос айқай.*

**ӘҢГІР**= ет. сөйл. *Мәңгіру, не істерін білмеу.*

**ӘҢГІРЛЕ**= ет. *Даңғырлау, әуекілену, даурығу.*

**ӘҢГІРЛЕК** сын. экспр. *Даңғырлақ, дарылдақ.*

**ӘҢГІРЛЕТ**= ет. экспр. *Даңғырлату, даурықтыру, айқайлау.*

**ӘҢГІРЛЕТУ** *Әңгірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘҢГІРТАЯҚ** зат. 1. этн. ойын. *Балалардың таяқ лақтырып ойнайтын ойыны.* 2. ауыс. *Қоқанлоқы, зобалаң.*

**Әңгіртаяқ ойнатты**. *Билеп-төстеді, үстемдік етті, күн бермей, қорлық көрсетті.*

**ӘҢКҮС** сын. экспр. жерг. *Әумесер, даңғой.*

**ӘҢКҮСТЕН** =ет. экспр. жерг. *Әумесерлену, парықсыздану.*

**ӘҢК** елік. *Кенеттен қысқа шыққан жағымсыз дауысты бейнелейтін сөз.*

**Әңк етті**. *Кенеттен жағымсыз дауыс шығарды.*

**ӘҢК-ӘҢК** елік. *Саңқ-саңқ етіп, екпіндей шыққан дауысты бейнелейтін сөз.*

**Әңк-әңк етті**. *Әкіреңдеді, саңқ-саңқ етті, дауыс көтерді.*

**ӘҢКІ**= ет. жерг. *Судың лықсып, асып-тасуы.*

**ӘҢКІЛДЕ**= ет. 1. *Дауыс көтеру, айқайлау.* **2.** сөйл. *Аңқылдау, арындау, соғу деген мағынада.* **3.** ауыс. *Жүйтку, зулау.*

**ӘҢКІЛДЕТ**= ет. сөйл. *Саңқылдату, айқайлату, басына көтеру, екпіндету.*

**ӘҢКІЛДЕУ** *Әңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ӘҢКІЛЕУ** сын. сөйл. ***Әңгілеу***.

**ӘҢКІТ**= ет. жерг. *Аңқыту, желдірту, тоқталмай айту.*

**ӘҢКІ-ТӘҢКІ** сын. *Быж-тыж, быт-шыт, бей-берекет, астан-кестен.*

**Әңкі-тәңкі қылды [етті]**. *Асты-үстіне келтірді, астан-кестен қылды.* **Әңкі-тәңкісін шығарды**. *Астан-кестен, ойран-топыр етті, есін шығарды.*

**ӘП: әп, бәрекелді**. экспр. *Бір нәрсеге күйінгенде не сүйінгенде айтылатын одағай сөз.*

**Әп дегенше**. *Көзді ашып-жұмғанша, лезде,*

*тез арада.* **Әп десе, тап берді**. экспр. *Кит етсе болды, бас салды.*

**ӘП-ӘДЕМІ** сын. *Жап-жақсы, әп-әжептәуір, әп-әсем, сүп-сүйкімді.*

**ӘП-ӘЗІР** үст. *Дап-дайын, әзірме-әзір.*

**ӘП-ӘЙДІК** сын. жерг. *Әп-әдемі, жапжақсы; үп-үлкен.*

**ӘП-ӘСЕМ** сын. **1**. *Әп-әдемі, сүп-сүйкімді.* **2**. *Тәп-тәуір, жап-жақсы.*

**ӘПЕКЕ** зат. сөйл. ***Апеке***.

**ӘПЕНДІ** зат. **1**. *Қожанасыр, мәжнүн, алаңғасар адам.* **2**. көне. *Мырза, оқымысты, құрметті адам.*

**ӘПЕНДІЛЕУ** сын. *Қожанасырлау, алаңғасарлау.*

**ӘПЕНДІЛІК** зат. *Қожанасырлық, алаңғасарлық, аңқаулық.*

**ӘПЕР**= ет. *Бір нәрсені алып қолына ұстату, алып беру.*

**ӘПЕРБАҚАН** сын. **1**. *Есерсоқ, есірік, сотқар, ұрда-жық (адам).* **2**. ауыс. *Асау, аңғырт.*

**ӘПЕРБАҚАНДАУ** сын. *Есерсоқтау, әумесерлеу, ұрда-жықтау, сотқарлау.*

**ӘПЕРБАҚАНДЫҚ** зат. *Есерсоқтық, сотқарлық, дөкірлік.*

**ӘПЕРУ** *Әпер етістігінің қимыл атауы.*

**ӘПЕРІЛ**= ет. *Берілу, әкеліп берілу.*

**ӘПЕСЕР** ор. зат. сөйл. ***Офицер***.

**ӘПЗЕЛ** сын. сөйл. ***Абзал***[2] *(қадірлі, құрметті, ардақты).*

**ӘПИІН** зат. сөйл. ***Апиын***.

**ӘПКЕ** зат. 1. *Бірге туған, туысқан қыздардың бір-біріне қатысты жас жағынан үлкенінің туыстық атауы.* **2.** экспр. *Өзінен жасы үлкен қыздарға, әйелдерге назарын аудару үшін құрметпен айтылатын қаратпа атауыш.*

**ӘПКЕЛ**= ет. сөйл. ***Әкел***.

**ӘПКЕЛІ-СІҢЛІЛІ** зат. *Бір шешеден туған, үлкенді-кішілі туыстас қыздар.*

**ӘПКЕТАЙ** зат. экспр. *Жасы үлкен қызға жалыну-жалбарыну, өтіну мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.*

**ӘПКІШ** [ир. اَبکش] зат. жерг. *Екі басына екі шелек іліп, су таситын ағаш, иінағаш.*

**ӘППАҚ** сын. сөйл. ***Аппақ***.

**ӘПСАНА** [ир. افسانه] зат. әдеб. *Халықтың наным-сеніміне, арман-қиялына байланысты туған ауызекі прозалық шығарма, хикаят.*

**ӘПСӘНӘ** зат. сөйл. ***Әпсана***.

**ӘП-СӘТТЕ** үст. *Көзді ашып-жұмғанша, тез арада, лезде.*

**ӘПСУН** зат. діни. ***Әпсін***.

**ӘПСҮН** зат. діни. ***Әпсін***.

**ӘПСІН** [ир. افسون] зат. діни. *Дуа, сиқыр, арбау.*

**ӘПСІНДЕ**= ет. *Әпсін оқу, дуалау, сиқырлау.*

**ӘПТЕК** [ор. аптека] зат. сөйл. ***Дәріхана***.

**ӘПТЕР-ТӘПТЕР** [ир. ابتر] үст. *Әлемтапырық, ұйқы-тұйқы.*

**ӘПТИЕК** [ир. هفتیک] зат. тар. діни. *Медреседе алғаш оқылатын кітап; «Құран Кәрімнің» жетіден бір бөлігі деген мағынаны білдіреді.*

**ӘПТІ** зат. **1**. *Түрі, реңі, кейпі, бейнесі.* **2**. *Шама-шарық, күш-қуат, әл-дәрмен.*

**ӘПТІК: әптігін басты**. сөйл. ***Аптығын басты***.

**ӘПШЕ** зат. жерг. ***Әпке***.

**ӘПІК: әпігін басты**. сөйл. ***Аптығын басты***.

**ӘПІРЕЙ**= ет. сөйл. *Бақшию, бадыраю, адыраю.*

**ӘПІ-ТӘПІ** үст. сөйл. *Әптер-тәптер.*

**ӘР**[1] [ир. هر] зат. **1**. *Сырт келбет, көрік, шырай.* **2**. ауыс. *Еңсе, өмір тынысы.*

**Әр тайды**. *Реңі қайтты, өңі кетті.* **Әр тас тары**. геол. *Түрлі заттарды әшекейлеу үшін пайдаланылатын түрлі түсті минералдармен таужы-ныстар.*

**ӘР**[2] зат. *Өз алды, жеке-жеке, әрбір.*

**Әр алуан**. *Әртүрлі, әр түсті, сан түрлі.* **Әр азғынға бір зауал**. *Азғындық жолға түскен адамға да бір тосқауыл болады, арамдығына тыйым салынады.* **Әр алуан**. *Әрқилы, әртүрлі, сан алуан.* **Әр басқа**. *Әрқайсысы өзінше бөлек, әртүрлі.* **Әр бөлек**. *Жеке-жеке, бөлек-бөлек, әр басқа.* **Әр жақты**. *Жан-жақты, әрқилы, бесаспап.* **Әр кез**. *Әрқашан, әрдайым, әр уақытта.* **Әр Мұсаға бір перғауын**. *Ел-жұртқа танымал, қадірменді адамдар әйтеуір біреуден қысым-құдалау көреді деген мағынада [Мұса – көне Мысыр елінде Алланың жолын уағыздағаны үшін құдалау көрген пайғамбар].* **Әр нәрсе**. *Әртүрлі зат не құбылыс.* **Әр нәрсенің басын шалды**. *Әртүрлі әңгіме айтылды; бірді айтып, бірге кетті.* **Әр нәрсенің басын [бір] шатты.** *Бірбіріне байланыссыз, жүйесіз айтты.* **Әр саққа жүгіртті**. *Мың құбылтып, сан өзгертті, әркім әртүрлі жорамен айтты.* **Әр уақыт [уақ]**. *Әрқашан, әр кез, әрдайым.* **Әр ханның түсында бір сұрқылтай.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында ертеректе қалыптасқан салт бойынша әрбір ханның қасында шешен, ділмар, ақындар ішінен суырылып шыққан ақыны, ақылшысы, кеңесшісі, сөзін сөйлейтін ділмары болады деген мағынада.* **Әр істің [жұмыстың] басын [бір] шатты.** *Тұрақтап бір жерде жұмыс істемеді, бір іске тиянақтамай, әртүрлі жұмыс істеді.*

**ӘРАЛУАНДЫЛЫҚ** зат. *Әртүрлілік, көптүрлілік.*

**ӘРӘДІК** үст. сөйл. ***Арағідік***.

**ӘРБЕРДЕН: әрберден соң**. сөйл. *Біраздан соң, кейінірек.*

**ӘРБІЛЕ**= ет. жерг. *Азғыру, теріс оқыту, айныту.*

**ӘРБІР** зат. *Әр, жеке-жеке алғандағы, әрқайсысы.*

**Әрбір бұтасы таныс.** *Бұрыннан белгілі, жанына әбден жақын, көптен көріп жүрген, аялы қимас (жер, мекен).*

**ӘРБІРЕУ** зат. *Әркім, әрқайсысы.*

**ӘРДАЙЫМ** [ир.+ар. هردائم] үст. *Үнемі, ұдайы, әр уақыт, әрқашан.*

**ӘРЕБЕК** зат. көне. этн. зерг. *Әйелдер мұрнына таққан сырға.*

**ӘРЕГІРЕК** үст. *Әрі таман, әрілеу, қашығырақ.*

**ӘРЕДІК** үст. *Анда-санда, оқта-текте, кейде.*

**ӘРЕКЕ** зат. *Бәлелі бүлік, лаң.*

**Әреке кірді.** *Берекесі кетті, бүлінді, ерегесті.*

**ӘРЕКЕТ** [ар. حركة] зат. **1**. *Саналы түрде мақсатқа жетуге бағытталған амал, іс-қимыл.* **2**. психол. *Қажеттіліктен, мақсатқа ұмтылудан және оны орындауға керекті білім мен дағдылардан құралған саналы түрдегі іс-қимыл бірлігі.* **3**. ауыс. *Қырсық, бүлік, лаң, пәле.*

**Әрекет жасады [етті, қылды]**. *Амал-айла істеді, шара қолданды, қимылдады.* **Әрекетке қабілеттілік**. заң. *Заңды тұлғаның не азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды иеленіп, жүзеге асыруға, өзіне азаматтық міндеттер белгілеп, оларды орындауға қабілеттілігі.*

**ӘРЕКЕТСІЗ** сын. *Ешбір іс-қимылсыз, жұмыссыз, бейқам.*

**ӘРЕКЕТСІЗДІК** зат. **1**. *Шарасыздық, әрекет етпеушілік.* **2**. психол. *Адамдардың жұмыс қабілетінің тоқырауға ұшырауы.*

**ӘРЕКЕТТЕН**= ет. *Белгілі бір істі орындауға тырысу, шара жасау.*

**ӘРЕКЕТТЕНУ** *Әрекеттен етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Іс-шара жасау.* **2**. психол. *Іске адамның өздігінен кірісуі.*

**ӘРЕКЕТТЕС**= ет. **1**. *Бірігіп шара, қимыл жасау, бірлесіп орындасу.* **2**. хим. *Өзара әсер ету, реакцияға түсу.*

**ӘРЕКЕТТЕСТІК** зат. *Іс-қимылдағы үндестік, сабақтастық, бірігіп әрекет жасасу.*

**ӘРЕКЕТТЕСТІР**= ет. *Әсерлестіру, әрекет жасастыру.*

**ӘРЕКЕТТЕСТІРУ** *Әрекеттестір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘРЕКЕТТЕСУ** *Әрекеттес етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бірігіп әрекет жасасу.* **2.** хим. *Әсерлесу, әрекетке түсу.*

**ӘРЕКЕТТЕСУШІ** зат. терм. *Әрекетке түсуші, өзара әсер етуші жақ.*

**ӘРЕКЕТТІ** сын. *Белсенді, іс жүзіндегі.*

**Әрекетті бет**. физ. *Күн және атмосфера радиациясын тікелей жұтатын және атмосфераға сәуле шашатын топырақ, су немесе өсімдік беті.*

**Әрекетті жанартау**. геол. *Қазіргі кезде атқылап жатқан немесе белгілі бір кезде атқылаған, үнемі фумаролдық әрекеті білінетін жанартау.*

**ӘРЕКЕТШІЛ** сын. **1**. *Іс-қимылды алдын ала ойластырып, амал-айла, әрекет жасағыш, айлакер.* **2**. *Іс-әрекетке бейім.*

**ӘРЕКЕТШІЛДІК** зат. *Іс-қимылға бейімділік.*

**ӘРЕКТІКЕН** зат. өс. жерг. ***Ошаған***.

**ӘРЕКІДІК** үст. сөйл. ***Арағідік***.

**ӘРЕМ**[1] зат. өс. <лат. phlomis> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ӘРЕМ**[2] зат. ескікіт. *Тыныштық, дамыл.*

**ӘРЕҢ** үст. *Зорға, әзер, азар.*

**Әрең дегенде [деп]**. *Өліп-талып, зорға, өлдім-талдым дегенде.*

**ӘРИНЕ** [ир. هراینه] мод. *Иә, әлбетте деген қолдау мағынасындағы сөз.*

**ӘРКЕЛКІ** сын. *Біртегіс, біркелкі емес, әрқилы, алуан түрлі.*

**ӘРКЕЛКІЛІК** зат. *Әртүрлі болушылық, әрқилылық, алуан түрлілік.*

**ӘРКЕН** зат. жерг. *Көрік, келбет, өң, шырай.*

**ӘРКЕНДІ** сын. **1**. *Көрікті, келбетті.* **2**. ауыс. *Тәрбиелі, тәртіпті.*

**ӘРКІМ** зат. **1**. *Әр адам, әрқайсысы, кез келген кісі.* **2**. *Бәрі, барлығы, кім болса да.*

**ӘРҚАЙДА** үст. *Жер-жерде, кез келген жақта, барлық жерде.*

**ӘРҚАЙДАН** үст. *Әр жерден, әр жақтан, әр тараптан.*

**ӘРҚАЙСЫ** зат. сөйл. *Әрбіреуі, әркім.*

**ӘРҚАЙСЫСЫ** үст. *Әрбіреуі, әрбірі.*

**ӘРҚАЛАЙ** сын. *Бірқалыпты емес, әрқилы, әртүрлі.*

**ӘРҚАШАН** үст. *Қашанда, үнемі, әрдайым, әр кез.*

**ӘРҚАШАНДА** үст. *Қай кез болмасын, әр уақытта, әр кезде.*

**ӘРҚИЛЫ** зат. *Ұқсас емес, түрлі-түрлі, әртүрлі, әрқайсысы өзінше.*

**ӘРҚИЛЫЛЫҚ** зат. *Әртүрлі болушылық, әртүрлілік.*

**ӘРЛЕ**=ет. *Әрін кіргізу, көріктендіру, бояу.* **2.** ауыс. *Әсерлеу, әсірелеу.*

**ӘРЛЕН**= ет. *Өңі кіріп әдемілену, құлпыру, ажарлану.*

**ӘРЛЕНДІР**= ет. *Сұлуландыру, көркейту, әдемілендіру.*

**ӘРЛЕНДІРУ**[1] зат. сәулет. <ағыл. design> *Көркемсурет және сәулет өнерінің, өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағыт.*

**ӘРЛЕНДІРУ**[2] *Әрлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘРЛЕНТ**= ет. *Сұлуландыру, ажарландыру, көріктендіру.*

**ӘРЛЕНУ** *Әрлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘРЛЕУ** *Әрле етістігінің қимыл атауы.*

**Әрлеу жұмыстары**. сәулет. *Үйлер мен ғимараттардың сақтау мерзімін арттыру, санитарлық-гигиеналық және әсемдік сапасын жақсарту мақсатымен орындалатын жұмыстар.*

**ӘРЛЕУШІ** зат. **1**. *Затты не нәрсені көркемдеп, әдемілеуші.* **2**. құр. *Құрылыс нысандарының сыртын безендіріп, көркемдеуші маман.*

**ӘРЛІ** сын. *Әдемі, ажарлы, көрікті.*

**ӘРЛІ-БЕРЛІ** үст. *Біресе олай, біресе былай, ілгері-кейін, ерсілі-қарсылы.*

**ӘРЛІЛІК** зат. *Ажарлылық, көріктілік, көркемділік, әдемілік.*

**ӘРМАН** үст. сөйл. ***Әрмен***.

**ӘРМӘН** үст. сөйл. ***Әрмен***.

**ӘРМЕН**[1] үст. *Әрі таман, әрі қарай.*

**Әрмен көз, бермен маңдай**. *Көзі ішіне кіріңкі, шүңірек көз.* **Әрмен қарай**. *Одан әрі, әрі қарай.*

**ӘРМЕН**[2] од. сөйл. *Жуыма, аулақ, жоғал, көрінбе көзге.*

**ӘРМЕН-БЕРМЕН** үст. *Әрі-бері, бірде олай, бірде бұлай.*

**ӘРМЕНДЕ**= ет. *Алыстау, біртіндеп қашықтау.*

**ӘРМЕНЕ** зат. сөйл. *Әркім, әрқайсысы.*

**ӘРМЕНІРЕК** үст. *Аулағырақ, әрірек.*

**ӘРНЕ** зат. *Әр нәрсе, анау-мынау.*

**ӘРНЕМЕ** зат. сөйл. *Әр нәрсе, әр жағдай, оны-мұны.*

**ӘРНЕШІК** үст. *Әрқашан, әрдайым, әр уақыт.*

**ӘРПІ-ТӘРПІ** сын. *Орташа, қатардағы.*

**ӘРПІЛ-ТӘРПІЛ** сын. *Әрі-сәрі, ретсіз, бей-берекет.*

**ӘРСІЗ** сын. *Ажарсыз, көріксіз, өңсіз.*

**ӘРТАРАП** үст. *Жан-жақ, түс-түс.*

**ӘРТАРАПТАНДЫРУ** зат. <лат. diversification> **1**. экон. *Банкрот болмау мақсатымен инвесторлардың экономиканың түрлі саласына қаржы салуы.* **2**. қоғ. *Түрліше бағытталған, сан салалы, жан-жақты ету, көптүрлі қылу.*

**ӘРТЕКТІ** сын. *Әр басқа, әртүрлі, әрқайсысы түрлі тектен жаратылған, шыққан, жасалған.*

**ӘРТЕЛ** ор. зат. сөйл. ***Артель***.

**ӘРТҮРЛІ** сын. *Бір-біріне ұқсамайтын, қилы-қилы, алуан түрлі, сан түрлі.*

**ӘРТҮРЛІЛІК** зат. *Әртүрлі болушылық.*

**ӘРТІН** үст. сөйл. ***Әрі***.

**ӘРТІНДЕ** үст. сөйл. **1**. ***Әріде***. **2**. ***Әріректе***.

**ӘРТІНІРЕК** үст. сөйл. ***Әрірек***.

**ӘРТІС** ор. зат. сөйл. ***Артист***.

**ӘРТІСТІК** сын. сөйл. ***Артистік***.

**ӘРУАҚ** зат. сөйл. **1**. ***Аруақ*** *(қайтыс болғандардың рухы).* **2**. миф. *Наным-сенім бойынша, өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін жаны.* **3**. ауыс. *Құр сүлдері қалған, жүдеп-жадаған адам.*

**Әруақ атты**. сөйл. ***Аруақ атты***. **Әруаққа сыйынды**. сөйл. ***Аруаққа сыйынды***. **Әруақ қолдады**. сөйл. ***Аруақ қолдады***. **Әруақ қонды**. сөйл. ***Аруақ қонды***.

**ӘРУАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Аруақтай***.

**ӘРУАҚТАН**= ет. сөйл. ***Аруақтан***.

**ӘРУАҚТЫ** сын. сөйл. ***Аруақты***.

**ӘРУЕЙ** зат. діни. сөйл. ***Аруақ***.

**ӘРҰДАЙЫЛЫҚ** зат. *Әркелкілік, әртүрлілік.*

**ӘРІ**[1] үст. *Әрмен, әрі таман, әрі қарай.*

**Әрі итеріп, бері жықты**. *Ары итеріп, бері жықты (мазақ етті).* **Әрі кетсе**. *Ұзай қалса, көп болғанда.*

**ӘРІ**[2] шыл. *Сонымен бірге, және, әм.*

**Әрі ақылдасып, бері ақылдасып**. *Ақылдаса-ақылдаса келіп, әбден кеңесіп.* **Әрі ойланып, бері ойланып [ары ойлап, бері ойлап]**. *Әбден ойланып-толғанып, ойлана-ойлана, толғана-толғана.* **Әрі тіледі, бері тіледі.** *Көп тіледі, жалбарынды.*

**ӘРІ-БЕРІ** үст. **1**. *Олай-былай, ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі.* **2**. *Бірсыпыра, біраз.*

**Әрі-беріден соң [кейін]**. а) *Біраздан кейін, бірсыпыра уақыт өткен соң.* ә) *Тіптен, керек десең.*

**ӘРІДЕ** үст. *Ілгері кезде, ертеде.*

**ӘРІДЕН** үст. *Ертеден, баяғыдан, алыстан.*

**ӘРІЛЕ**= ет. *Алыстау, қашықтау, ұзау.*

**ӘРІЛЕТ**= ет. *Алыстату, созу, ұзату, қашықтату.*

**ӘРІЛЕТУ** *Әрілет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘРІЛЕУ** үст. *Әрірек, арағырақ.*

**ӘРЛІ-БЕРІЛІ** үст. сөйл. ***Әрлі-берлі.***

**ӘРІП**[1] [ар. حرف] зат. **1**. *Дыбыстың жазудағы таңбасы.* **2**. лингв. <лат. littero> *Ауызша тілді жазуда таңбалаудың графикалық жүйесінің ең шағын бірлігі.*

**Әріп таныды**. *Сауатын ашты.* **Әріп теруші**. полигр. *Баспаханада әріп тізетін жұмысшы, маман.*

**ӘРІП**[2] сын. ескікіт. *Епті, шебер.*

**ӘРІПДӘРІ** зат. өс. <лат. betonica officinalis> *Дәрілік өсімдік түрі.*

**ӘРІПТЕЛ** = ет. линг. *Дыбыстың таңбалануы.*

**ӘРІПТЕЛУ** *Әріптел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘРІПТЕС** зат. **1**. *Топ алдында қолма-қол суырып салып айтысушылар.* **2**. <лат. collega> *Қызметтес, кәсіптес; мамандық, қызметтік атақ жағынан ұқсас адамдар.* **3**. *Спорт ойындарындағы қарсылас жақ.* **4**. *Мүдделес, ынтымақтас ұжымдар, кәсіпорындар, мемлекеттер.*

**ӘРІПТЕСТІК** зат. қоғ-саяси. *Мүдделестік, ынтымақтастық.*

**ӘРІПТІК** сын. *Әріптен тұратын, әріптерден құралған.*

**Әріптік индекс**. инф. <лат. alphabeticnotation> *Әріптен немесе алфавит әріптерінің үйлесімінен тұратын көрсеткіш.* **Әріптік код**. инф. <лат. alphabetic code> *Арнаулы әліпбиі әріптерден құралған код.*

**ӘРІПТІК-ЦИФРЛЫҚ** сын. инф. *Әріптермен цифрлардан құрылған.*

**Әріптік-цифрлық кодтау**. инф. <лат. alphanumeric coding> *Әріптер, цифрлар және кейбір әліпбилік таңбалар комбинациясынан тұратын мәліметтерді кодқа салу жолы.* **Әріптік-цифрлық пернетақта**. инф. <лат. alphanumeric keyboard> *Символдық ақпаратты таңбаларды енгізуге арналған электр есептеуіш мәшинелердің сыртқы құрылысының бір бөлігі.*

**ӘРІПШІЛ** сын. *Ұсақ-түйек, тым ұсақ.*

**ӘРІПШІЛДІК** зат. *Істің сыртына қарап, оның ішіне терең бойламаушылық, түршілік.*

**ӘРІРЕК** үст. *Әрменірек, әрі таман, әрі қарай.*

**ӘРІРЕКТЕ** үст. **1**. *Әрменіректе, әрі таман, арғы жақта, әрі қарай.* **2.** *Бұрын, баяғыда, ертеректе.*

**ӘРІСӘРІ** зат. этн. *3 маусым мен 28 маусым арасында сойылған қозының терісі және содан жасалған ішік.*

**ӘРІ-СӘРІ** сын. *Не әрі емес, не бері емес, екі ойлы, мең-зең, солқылдақ, дел-сал.*

**Әрі-сәрі болды.** *Не онда, не мұнда емес, дағдарды.*

**ӘРІ-СӘРІЛІК** зат. *Солқылдақтық, екі ойлылық, дел-салдық.*

**ӘРІСТЕС** сын. жерг. *Бірін-бірі жақсы білетін, сыр мінез, сырлас.*

**ӘСАР** зат. ескікіт. *Белгі.*

**ӘСАС** зат. ескікіт. *Арқау; негіз; түбір; қайнар.*

**ӘСӘД** зат. ескікіт. *Арыстан.*

**ӘСБАТ** зат. ескікіт. *Дәлел, растық, сену, куәландыру.*

**ӘСБІ-АБЫ** зат. ескікіт. *Су жылқысы.*

**ӘСЕЛ**[1] [ар. عسل] зат. жерг. *Ара балы.*

**ӘСЕЛ**[2] зат. бот. <лат. bellis> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдіктер туысы.*

**ӘСЕМ** сын. **1**. *Әдемі, көрікті, көркем, сымбатты.* **2**. *Құлаққа жағымды, әуенді, үйлесімді, сарынды, құйқылжыған.* **3**. *Келісті, ырғақты.*

**Әсем дауыс.** *Жағымды, әуезді дауыс.*

**ӘСЕМГҮЛ** зат. бот. <лат. hyalea> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, гүлдері себет гүлшоғырлы біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ӘСЕМДЕ**= ет. **1**. *Әдемілеу, әрлеу, әшекейлеу, көріктеу.* **2**. ауыс. *Сәнін кіргізу, мән алдыру, маңызын арттыру.*

**ӘСЕМДЕЛ**= ет. *Безендірілу, көркейтілу, сәнделу.*

**ӘСЕМДЕЛУ** *Әсемдел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕМДЕН**= ет. *Сәндену, көркею, әдемілену, құлпыру.*

**ӘСЕМДЕНУ** *Әсемден етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕМДЕТ**= ет. **1.** *Әдемілету, сәндету, көркейту, көркемдету, көріктендіру.* **2**. ауыс. *Құйқылжыту, төгілту, әуендету.*

**ӘСЕМДЕТУ** *Әсемдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕМДЕУ** *Әсемде етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕМДІК** зат. **1**. *Әдемілік, көріктілік, көркемдік.* **2**. терм. *Эстетиканың негізгі категориясы.*

**Әсемдік бұйымдар**. *Әшекей, әр беру үшін қолданылатын бұйымдар; сәндік бұйымдар.* **Әсемдік өсімдік**. *Сырт пішіні немесе бояуының әдемілігіне байланысты әрлеу, көріктеу үшін өсірілетін өсімдік.*

**ӘСЕМДІЛІК** зат. сөйл. ***Әсемдік***.

**ӘСЕМҚАЛАМПЫР** зат. өс. <лат. dianthus superbus> *Көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық, өсімдік тұқымдасына жататын қалампырдың қалың жапырақты, сәнді түрі.*

**ӘСЕМПАЗ** сын. **1**. *Сәнқой, кербез.* **2**. ауыс. *Қызық.*

**ӘСЕМПАЗДЫҚ** зат. *Кербездік, сәнқойлық.*

**ӘСЕМСАЙРАУЫҚ** зат. зоол. сөйл. ***Әсемсарықас***.

**ӘСЕМСАЛ** сын. *Ғажап, тамаша, кербез, сұлу.*

**ӘСЕМСАЛДЫҚ** зат. *Кербездік, серілік.*

**ӘСЕМСАРЫҚАС** зат. зоол. <лат.

phyloscopus proregulus> *Торғай тектестер отрядының сандуғаштар тұқымдастарына жататын әнші құс.*

**ӘСЕМСІ**= ет. жағымсыз. *Кербездену, сәнқойлану, бәлсу.*

**ӘСЕМТАСТАР** зат. геол. *Жарқырауық тас, асыл тас.*

**ӘСЕМШЫМШЫҚ** зат. зоол. <лат. leptopoecilesophiae> *Торғай тәріздес отрядының шөжелер тұқымдасына жататын құс.*

**ӘСЕР** [ар. أثر] зат. **1**. *Адамға не өзге жанды-жансыз дүниеге сырттағы құбылыстан не қимыл-әрекеттен болатын ықпал.* **2**. психол. *Индивидтің басқа адаммен өзара әрекеттік барысында оның мінез-құлқын, түрғысын өзгерту процесі мен нәтижесі.* **3**. пед. *Тәрбиеленушінің бойында қандай да бір біліктілік, дағды қалыптастыруда, оған білім игертудегі педагог міндеттерін жүзеге асырудың бір формасы, ықпалы.* **4**. физ. *Механикалық жүйе қозғалысының ең негізгі сипаттамаларының бірі болып саналатын және мөлшері энергия мен уақыттың көбейтіндісі бойынша анықталатын физикалық шама.*

**Әсер алды**. *Бір нәрсенің ықпалымен елтіді, әсерленді.* **Әсер бермеді**. жерг. *Көңіл бөлмеді, назар аудармады, зер салмады.* **Әсер етті**. а) *Ықпалын тигізді.* ә) *Көңіл толқытты, ойландырды.* **Әсерін тигізді**. *Ықпал етті.*

**ӘСЕРЛЕ**= ет. *Әсерін күшейту, көркем етіп, мәнерлеп әдемілеу, әсірелеу.*

**ӘСЕРЛЕН**= ет. *Сезім күші өршіп, толқу; елту, әсер алу.*

**ӘСЕРЛЕНГІШ** сын. *Әсер алғыш, сергек, сезімтал.*

**ӘСЕРЛЕНДІР**= ет. *Көңілін толқыту, әсерету.*

**ӘСЕРЛЕНДІРУ** *Әсерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕРЛЕНУ**[1] зат. ***Әсер*** *(адамға не өзге жанды-жансыз дүниеге сыртқы құбылыстан не қимыл-әрекеттен болатын ықпал).*

**ӘСЕРЛЕНУ**[2] *Әсерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕРЛЕСУ: өзара әсерлесу**. *Өзара әсер ету, ықпалдасу, әрекеттесу.*

**ӘСЕРЛЕТ**= ет. *Әсерлі ету, көңіл толқыту, көңіл тербету, әсерлендіру.*

**ӘСЕРЛЕУ**[1] зат. әдеб. *Көркем шығармада сөздің әсерлілігін, көркемдігін, мәнерлілігін арттырудың амалы.*

**ӘСЕРЛЕУ**[2] *Әсерле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСЕРЛЕУСІЗ** сын. *Бояма-қоспасыз, ешбір мәнерлеусіз.*

**ӘСЕРЛІ** сын. **1**. *Тартымды, қызық, жүрекке жылы тиетін, көңіл ұйытатындай.* **2**. *Ықпалды, күшті, өтімді.*

**ӘСЕРЛІЛІК** зат. *Тартымдылық, көркемдік, мәнерлілік.*

**ӘСЕРСІЗ** сын. *Тартымсыз, мәнсіз, қызықсыз.*

**ӘСЕРШІЛ** сын. *Әсерленгіш, әсер алғыш, сезімтал.*

**ӘСЕРШІЛДІК** зат. *Әсерге, сезімге берілгіштік, әсерленгіштік.*

**ӘСЕТ**[1] [ар. أسد] зат. көне. *Шілде айының арабша аты.*

**ӘСЕТ**[2] зат. астр. *Он екі шоқжұлдыздың бесінші жұлдызының (қазақша «арыстан») арабша атауы.*

**ӘСЕТ**[3] зат. кәс. жерг. *Қауынның бір түрі.*

**ӘСИЕ** зат. этн. жерг. **1**. *Көйлектің етегіне салынатын желбір.* **2**. *Кілемнің шетіндегі қосымша өрнек.*

**ӘСИЯ** зат. өс. <лат. ungernia> *Амариллистер тұқымдасына жататын, биіктігі 40 см-дей, жапырақтары таспа тәрізді, ұзын, гүл шоғыры сабағының ұшына орналасқан, көпжылдық жуашықты өсімдік.*

**ӘСКЕ** зат. жерг. ***Асқабақ***.

**ӘСКЕЛДІ** зат. жерг. ***Асқабақ***.

**ӘСКЕР** [ар. عسكر] зат. әск. **1**. *Қарулы топ, қол, жасақ.* **2**. <франц. Armee> *Мемлекеттің Қарулы күші.* **3**. *Сарбаз, жауынгер.*

**Әскер бастығы**. *Арнаулы әскерді, қызметті, әскери оқу орнын, әскери мекемені т.б. басқаратын адам.* **Әскер жинау**. әск. *Ұрыс дабылы бойынша оқу-жаттығуға, табиғат апаттарының зардаптарын жоюға шығуда және т.б. жауынгерлерді бір жерге шоғырландыру, жинақтау, топтастыру.* **Әскер тартып шықты**. *Көп қол жиып, шеру салып аттанды.*

**ӘСКЕРБАСШЫЛЫҚ** зат. *Әскербасы болушылық, қолбасшылық.*

**ӘСКЕРБАСЫ** зат. көне. *Әскер қосынын, жасақты басқаруға тағайындалған адам, қолбасшы.*

**ӘСКЕРБАСЫЛЫҚ** сын. *Әскербасыға тән, әскербасыға қатысты.*

**ӘСКЕРДЕЙ** сын. *Әскер сияқты, әскер тәрізді.*

**ӘСКЕРЕ** сын. ескікіт. *Ерекше, бөлек, керемет.*

**ӘСКЕРИ** [ар. عسكري] сын. әск. *Әскерге қатысты, соған тән.*

**Әскери авиация**. *Қарулы күштердің басқа түрлерімен бірге және өз бетімен іс-қимылдар жасауға арналған авиациялық бөлім.* **Әскери автомобиль**. *Қарулы күштердің тактикалық-техникалық және экономикалық талаптары бойынша жасалған, жеке құрамды, әскери жүктерді, қару-жарақ пен әскери техниканы тасымалдауға арналған көліктер.* **Әскери академия**. *Жоғары әскери және арнайы әскери білімі бар офицер мамандарды дайындауға арналған жоғары әскери-оқу мекемесі, әскери мәселелерді зерттеуге арналған ғылыми орталық.* **Әскери ант**. *Жауынгердің Отанына, халқына, үкіметіне өзінің әскери борышына адалдығын білдіретін салтанатты түрдегі ресми серті.* **Әскери артиллерия**. *Ұйымдық жағынан әскер құрамына (мысалы, мотоатқыштар, танк, әуе десантына ) кіретін артиллерия.* **Әскери атақ**. *Қарулы күштер қатарында қызмет етіп жүрген азаматтарға әскери мамандығына, атқаратын қызметіне, сіңірген еңбегіне, әскери және арнаулы дайындығына, қызмет ететін Қарулы күштер түріне қарай берілетін атақ.* **Әскери атташе**. дипл. *Дипломатиялық корпустың әскери ісіне жауапты адам.* **Әскери аурухана**. <лат. hospitale> *Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне арнаулы медициналық көмек көрсетуге және емдеуге арналған әскери-медициналық мекеме.* **Әскери әлеует**. қоғ.-саяси. *Елдің экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, ахлақтық-саяси әлеуеттерінен туындайтын мемлекеттің (коалицияның, одақтың) мүмкіндіктері, әскери қуаты.* **Әскери база**. *Қарулы күштердің контингенттері, әскери техникасы мен оқ-дәрінің қажетті қорлары, жанармай, азық-түлік және басқа материалдық құралдары әскери жағдайға қарай тиімді ыңғайластырылып, арнайы жабдықталған аудан.* **Әскери байланыс**. *Бұйрық, жарлық, хабар, сигналдарды қабылдайтын, байланыс ұйымдастырудың құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы.* **Әскери барлау**. *Қарсыластың немесе ықтимал қарсыластың Қарулы Күштері туралы мемлекеттің экономикалық, моральдық-саяси жағдайы туралы мәліметтер алу және зерттеу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жиынтығы.* **Әскери билет**. *Тұрғылықты жердегі әскери комиссариат тарапынан әскери қызметтен запасқа босап шыққан немесе кезекті шақырудан запасқа өткен әскери міндеттілерге берілетін құжат.* **Әскери бөлім**. *Әскери міндеттерді орындататын немесе бейбіт кезде әскерлер құрамын үйретіп, дайындайтын, Қарулы күштердің әрбір түрінде тактикалық жеке тапсырмаларды іске асыратын бөлім.* **Әскери ғылым**. *Әскери өнер мен жауынгерлік даярлық мәселелерін зерттейтін ғылымдар жүйесі.* **Әскери доктрина**. *Ықтимал соғыстың болу мүмкіндігінің сипаты, мақсаты, маңызы, мәні, оған елді, қарулы күштерді дайындау және оны жүргізу тәсілдері туралы мемлекетте белгілі бір уақытта қабылданған көзқарастар жүйесі.* **Әскери жағдай**. *Тәртіп пен мемлекеттік қауіпсіздік шаралары әскерилерге жүктелген жағдай.* **Әскери жарғы**. *Әскери құрамалар мен әскери бөлімдердің бір-бірімен өзара іс-қимылдарын үйлестіру ретін анықтайтын ережелердің жиынтығы.* **Әскери жаттығу**. *Әскери құрамалардың, бөлімшелердің, басқару органдарының және арнаулы әскерлердің жауынгерлік дайындықтарын тексерудің негізгі тәсілі.* **Әскери желік**. саяси. *Соғысқұмарлыққа салынып елірушілік.* **Әскери киім**. *Қарулы күште қызмет ететіндердің киімі.* **Әскери құпия**. *Мемлекеттік құпия болып саналатын дерек.* **Әскери қызмет**. *Азаматтардың қарулы күштер қатарында өз еркімен мемлекеттің жүктеген міндеттерін атқаруы немесе өз еркімен мерзімнен тыс қызмет етуі.* **Әскери міндет**. *Қоғамдағы заңдар бойынша мемлекет тарапынан азаматтарына жүктелетін әскери қызмет атқару талаптары.* **Әскери реформа**. *Мемлекеттің саяси басқару органдарының шешімімен жүзеге асырылатын елдің қарулы күштерінің құрылымындағы түбегейлі өзгеріс.* **Әскери сала**. *Белгілі бір қоғамдық қатынастың әскери мәселемен шұғылданатын бөлігі.* **Әскери стратегия**. *Ел мен қарулы күштерді соғысқа дайындау теориясы мен тәжірибесін, стратегиялық операциялар мен тұтастай соғысты жоспарлау мен жүргізуді қамтитын әскери өнердің құрама бөлігі, оның ең жоғарғы сатысы.* **Әскери тәртіп**. *Барлық әскери қызметкерлердің заң және әскери устав белгілеген тәртіп пен ережені бұлжытпай дәл сақтауы.* **Әскери текетірес**. *Әскери саладағы қақтығыс, қырғиқабақтық.* **Әскери трибунал**. *Қарулы күштер жүйесіндегі әділеттілікті іске асыратын сот.* **Әскери форма**. *Әскери қызметтің белгісі және әскери ар-намыстың символы ретіндегі киім үлгілері.* **Әскери шен**. ***Әскери атақ***. **Әскери шеру**. <лат. paro> *Үлкен мерекелермен мемлекеттік және әскери маңызды оқиғалар құрметіне өткізілетін салтанатты әскери байқау.* **Әскери ынтымақтастық**. саяси. *Ұлттық заңдар мен халықаралық міндеттемелерді тең құқықты және өзара тиімді мүделер негізінде жүзеге асыратын әскери-саяси, әскери-техникалық және әскери-экономикалық салалардағы үйлестірілген шаралар жиынтығы.*

**ӘСКЕРИ-ӘУЕ** сын. *Әуедегі қарулы күштерге қатысты, әуе операцияларын орындайтын.*

**Әскери-әуе күштері**. *Әуе операцияларын орындайтын мемлекеттің қарулы күштерінің бір түрі.*

**ӘСКЕРИ-ДАЛАЛЫҚ** сын. әск. *Әскерге қатысты әрі төтенше жағдайдағы.*

**Әскери-далалық сот**. тар. *Ресей империясында мемлекеттік басқару тәртібіне қар-*

*сы шыққан т.б. мемлекеттік қылмыс жасаған азаматтарды тергеусіз жазалау мақсатымен құрылған төтенше сот.* **Әскери-далалық хирургия**. *Ұрыс жарақаттарын, жараның жазылу ерекшелігін, ағзаның жалпы жағдайы мен әсерін зерттейтін әскери медицина бөлімі.*

**ӘСКЕРИ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ** сын. *Демократиялық бағыттағы қарулы күштерге қатысты.*

**ӘСКЕРИ-ИНЖЕНЕРЛІК** сын. *Қарулы күш пен инженерлік іске қатысты.*

**Әскери-инженерлік іс**. *Соғыс қимылдарын жүргізуге, ұрыс әрекетіне қолайлы жағдай жасауға қажетті инженерлік жұмыстарды зерттейтін әскери ғылым саласы.*

**ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ** сын. *Әскери спорттың бір түрі.*

**Әскери-қолданбалы көпсайыс**. спорт. *Әскери-практикалық мәні бар көп сатылы жарыс, бірнеше түрдегі жарыс.*

**ӘСКЕРИЛЕР** зат. *Әскери адам.*

**ӘСКЕРИ-МЕДИЦИНАЛЫҚ** сын. әск. *Қарулы күштердің медициналық қызмет орындарына қатысты.*

**ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ** сын. әск. *Әскерге қатысты әрі отансүйгіштік рухтағы.*

**Әскери-патриоттық тәрбие**. *Жауынгерлердің әскери қызметін өтеуге қажетті қасиеттерін қалыптастыру, рухани және тұлға жағынан дамып, жетілуіне жүйелі әрі нысаналы түрде ықпал ету үрдісі.*

**ӘСКЕРИ-САЯСИ** сын. қоғ.-саяси. *Әскерге және саясатқа қатысты.*

**Әскери-саяси жағдай**. *Саясат субъектілерінің әскери-саяси қарым-қатынастарының және олардың әскери ұйымдарының жиынтығы.* **Әскери-саяси одақ**. *Қорғаныс, ұлттық және ұжымдық қауіпсіздік міндеттерін бірлесе шешу мақсаттарында ресми түрде келісіммен бекітілген екі немесе бірнеше мемлекеттің одақтасуы.* **Әскери-саяси стратегия**. *Саяси мақсаттарға, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы міндетіне толық сай келетін әскери-саяси идеялар мен көзқарастардың жиынтығы.*

**ӘСКЕРИ-СТРАТЕГИЯЛЫҚ** сын. әск. *Әскерге қатысты және стратегиялық негізі бар.*

**Әскери-стратегиялық тепе-теңдік**. *Қарсылас мемлекеттердің (мемлекет коалицияларының) қарулы күштерінің ұрыс қуатының жуық шамамен тепе-теңдігі.* **Әскери-стратегиялық тұрақтылық**. *Қарсылас жақтардың ұзақ мерзімде бірінші болып әскери күш қолданбайтыны туралы әскери, саяси, экономикалық, моральдық-психологиялық факторлар жиынтығымен анықталатын әскери-стратегиялық жағдай.*

**ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ** сын. әск. *Теңіздегі қарулы күштерге қатысты, теңіз операцияларын орындайтын.*

**Әскери-теңіз айлағы**. *Толқын соғудан қорғайтын, әскери кемелердің тыныш тұруын, қозғалуы мен жөнделуін қамтамасыз ететін, су ауданымен шектесетін теңіздің жағалау бөлігі.* **Әскери-теңіз базасы**. *Әскери-теңіз күштерінің жағалауда жабдықталған қорғаныс ауданы.* **Әскери-теңіз флоты**. *Теңізде, мұхитта, өзен-көлдерде ұрыс қимылдарын жүргізетін мемлекеттің қарулы күштерінің бір бөлігі.*

**ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ** сын. әск. *Әскерге қатысты, техникаға үйлестірілген.*

**Әскери-техникалық ынтымақтастық**. *Тең құқықты және өзара тиімді мүдделер негізінде әскери және техникалық салалардағы үйлестірілген шаралар.*

**ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. *Қарулы күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға бөлінетін қаржылық, материалдық-техникалық ресурстарға қатысты.*

**ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛ**= ет. *Әскериге айналдырылу.*

**ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛУ** *Әскерилендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСКЕРЛІК** сын. *Әскер өміріне тән, соған қатысты.*

**ӘСКЕРШЕ** үст. *Әскер тәрізді, әскерге ұқсап.*

**ӘСКИЯ** [ар. أذكياء] зат. әдеб. *Әзіл-қалжың, тапқыр күлкіге негізделген жанрлық түр, табан астында ауызша айтылатын өткір мысқыл-сықақ.*

**ӘСЛАН** үст. ескікіт. *Негізінде, шын мәнінде.*

**ӘСЛӘ** үст. ескікіт. *Мүлде, еш.*

**ӘСЛИ** зат. ескікіт. *Тегі, негізі.*

**ӘСПЕ** сын. ескікіт. *Бұзақы.*

**ӘСПЕН** зат. жерг. *Береке, маза, шырық.*

**ӘСПЕНСІ**= ет. жағымсыз. *Дандайсу, көкірегін көтеру, менменсу.*

**ӘСПЕНСІТ**= ет. *Дандайсыту, есірту, асқақтату.*

**ӘСПЕНСІТУ** *Әспенсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСПЕНТ** зат. жерг. ***Аспан***.

**ӘСПАТ: әспат етті.** *Баяндады, сипаттады, мәлімдеді.*

**ӘСПЕТ** зат. **1**. *Күтім, бап, жұмыс.* **2.** *Белгі, сыңай, сыпат.*

**ӘСПЕТТЕ**= ет. *Құрметтеу, қастерлеу, ардақтау.*

**ӘСПЕТТЕЛ**= ет. *Құрметке бөлену, әлпештену, аялану, мәпелену.*

**ӘСПЕТТЕЛУ** *Әспеттел етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСПЕТТЕУ** *Әспетте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСПЕТТІ** сын. **1**. *Қадірлі, қалаулы, қастерлі.* **2.** *Әдемі, көркем.*

**ӘСТЕ** [ир. آهسته] үст. **1**. *Ешқашан, еш уақытта; мүлде.* **2**. *Ылғи, үнемі, әрдайым.*

**ӘСТЕ-ӘСТЕ** үст. *Біртіндеп, бірте-бірте, ақырын-ақырын.*

**ӘСТЕМСУ** сөйл. *Әстемсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСТЕМСІ**= ет. сөйл. ***Астамсы***.

**ӘСТЕСІЛЕ**= ет. жерг. *Араға түсу, азғыру.*

**ӘСТЕСІЛІК** зат. жерг. *Екі араны табыстырғансып, онан әрі аздыратын әзәзілдік.*

**ӘСТІ** үст. сөйл. ***Әсте***.

**ӘСТІНДЕ** үст. жерг. *Ешқашан, еш уақытта.*

**ӘСТІРЕКТЕ**= ет. *Әдеп сақтау, ізет ету.*

**ӘСІЛ**[1] зат. көне. *Әдіс, тәсіл.*

**ӘСІЛ**[2] зат. ескікіт. *Түбі, тамыры, түп негізі;* шыққан тегі, тұқымы.

**ӘСІЛ**[3] сын. сөйл. ***Асыл*** *(ардақты, қадірлі, жақсы).*

**ӘСІЛІ** мод. сөйл. ***Асылы***.

**ӘСІП**[1] [ар. قصب] зат. этн. тамақ. *Жаңа сойылған малдың ішіндегі қанына ет, май, ұн, күріш т.б. араластырып, ішекке тығып пісірілген, шұжыққа ұқсас ұлттық тағам.*

**ӘСІП**[2] зат. ескікіт. *Нәсіп.*

**ӘСІР**[1] зат. ескікіт. *Тұтқын.*

**ӘСІР**[2] зат. ***Бәле***.

**ӘСІР**[3] [ар. أسير] зат. көне. *Тұтқын.*

**ӘСІР**[4] зат. ескікіт. ***Ғасыр***.

**ӘСІРЕ** үст. *Шамадан, шектен тыс, ерекше, тез.*

**ӘСІРЕАЯНПАЗДЫҚ** зат. *Шектен тыс аянкестік, аяншақтық.*

**ӘСІРЕБЕЙІМДІЛІК** зат. *Тез бейімделгіштік.*

**ӘСІРЕЖАҒЫМПАЗДЫҚ** зат. *Шектен тыс жағымпазданушылық.*

**ӘСІРЕИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ** зат. *Ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді аяқасты етуші.*

**ӘСІРЕИНФЛЯЦИЯ** зат. экон. *Баға мен табыстың арасындағы алшақтықтың ұлғайып кетуіне байланысты бағаның шарықтап өсіп, ақшаның тым құнсыздануы.*

**ӘСІРЕИСЛАМШЫЛ** сын. *Өзге дінді мойындамайтын шектен тыс исламшыл.*

**ӘСІРЕҚҰРМЕТ** зат. *Шектен тыс, асыра құрметтеушілік.*

**ӘСІРЕҚЫЗЫЛ** сын. *Сырты жылтыр, алдамыш.*

**ӘСІРЕЛЕ**= ет. *Асыра, көтере суреттеу, өсіре бейнелеу.*

**ӘСІРЕЛЕҢКІРЕ**= ет. *Көтеріңкіреп, өсіріңкіреп жіберу.*

**ӘСІРЕЛЕУ**[1] зат. әдеб. *Түрлі құбылыстарды немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асыра суреттеу тәсілі.*

**ӘСІРЕЛЕУ**[2] *Әсіреле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСІРЕЛЕУСІЗ** сын. *Боямасыз, өз қалпынша, сол қалпында.*

**ӘСІРЕЛІК** зат. *Даңғойлық, көрсеқызарлық, әулекілік.*

**ӘСІРЕМАТЕРИАЛИСТІК** сын. қоғ.-саяси. *Материализмді біржақты асыра жақтаушылық.*

**ӘСІРЕМӘДЕНИЕТТІ** сын. *Мәдениеттісымақ.*

**ӘСІРЕМҰСЫЛМАН** зат. *Өзін мұсылманмын деп асыра сілтеушілік.*

**ӘСІРЕҢКЕ** сын. сөйл. ***Әсіреңкі***.

**ӘСІРЕҢКІ** сын. *Әрі-сәрі, не олай емес, не бұлай емес дүбара.*

**ӘСІРЕҢКІЛІК** зат. сын. *Әрі-сәрілік, дүбаралық.*

**ӘСІРЕОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛ**= ет. *Басқару жүйесін шектен тыс орталықтандыру.*

**ӘСІРЕОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Әсіреорталықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСІРЕПАТРИОТ** сын. *Асыра сілтейтін патриот.*

**ӘСІРЕСАҚТЫҚ** зат. *Тым сақтық танытушылық, асыра сақтық жасаушылық.*

**ӘСІРЕСАУАТТЫ** сын. *Сауаттысымақ.*

**ӘСІРЕСАЯСАТТАН**= ет. *Барлығының астарынан қандай да бір саяси көзқарас, пиғыл іздеу, саяси астар іздеу.*

**ӘСІРЕСАЯСАТТАНУ** *Әсіресаясаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ӘСІРЕСЕ** үст. *Өте-мөте, тіпті, әуелі, негізінен.*

**ӘСІРЕСІЗ** сын. сөйл. ***Әсірелеусіз***.

**ӘСІРЕТ** зат. сөйл. ***Қасірет***.

**ӘСІРЕҰЛТСЫЗ** сын. қоғ.-саяси. *Мәңгүрт, ұлттық түп-тамырынан қол үзген.*

**ӘСІРЕҰЛТШЫЛ** сын. қоғ.-саяси. *Асыра сілтейтін ұлтшыл.*

**ӘТБЕКЕТ** ор. зат. сөйл. ***Адвокат.***

**ӘТЕК**[1] [ир. هتك] зат. *Жыныстық қатынасқа қабілетсіз, белсіз еркек.*

**ӘТЕК**[2] зат. жерг. *Дөңгелектің шеңберін тартатын ілгек темір.*

**ӘТЕШ** зат. *Қораз.*

**ӘТЕШКҮР** зат. жерг. ***Әтешкір***.

**ӘТЕШКІР** зат. жерг. *Шымшуыр, қысқыш.*

**ӘТЕШТЕЙ** сын. *Әтеш сияқты, әтеш тәрізді.*

**ӘТИ** зат. жерг. *Қайын ата.*

**ӘТКЕНШЕК** зат. *Тербеліп ойнау үшін екі ағаштың арасына байланатын жіп, арқан.*

**ӘТКЕСШІ** зат. заң. <итал. contrabbando; contra – қарсы, bando – үкімет жарлығы> *Заңмен тыйым салынған қандай да бір тауарды бірелден екінші елге жасырын жолмен, заңсыз өткізуші.*

**ӘТКЕСШІЛІК** зат. заң. <исп. contrabandista> *Бір елден екінші бір елге заңсыз, жасырын жолмен тауар өткізушілік.*

**ӘТТЕГЕН-АЙ** од. *Қап, өкінішті-ақ деген мағынадағы сөз.*

**ӘТТЕГЕНЕ** од. сөйл. ***Әттеген-ай.***

**ӘТТЕҢ** од. *Қап, әттеген-ай деген мағынадағы көңіл күйді білдіретін сөз.*

**ӘТТІК** зат. кәс. *Қармақтың тілі.*

**ӘТУЕР** зат. жерг. *Абырой, бедел, қадір.*

**ӘТУЕРЛІ** сын. сөйл. *Абыройлы, беделді, қадірлі.*

**ӘТІБІРЛІ** сын. ***Әтуерлі.***

**ӘТУЕРСІЗ** сын. жерг. *Қадірсіз, жаман.*

**ӘТШУ** од. сөйл. *Әйт, шу.*

**ӘТІЛЕС** ор. зат. сөйл. ***Атлас (мата).***

**ӘТІР** [ар. عطر] зат. *Иіссу.*

**ӘТІРДЕЙ** сын. **1.** *Әтір сияқты, әтір тәрізді аңқыған.* **2.** ауыс. *Аңқыған.*

**ӘТІРЕТ** ор. зат. сөйл. ***Отряд.***

**ӘТІРЛІ** сын. *Әтірі бар, әтір қосылған.*

**ӘТІРМАЙ** зат. *Тері күтіміне арналған қол, бет т.б. дене мүшелеріне жағылатын хош иісті май.*

**ӘТІРСАБЫН** зат. ***Иіссабын.***

**ӘТІШҚҰТЫ** зат. жерг. *Көсеу.*

**ӘУ** од. *Шақыру, жауап ретінде көңіл аудару үшін айтылатын дыбыстық ишарат.*

**Әу деді**. *Лебіз білдіріп, ән айтты.* **Әу дерлік [деген] жер**. *Дауыс естілетін аралық.* **Әу десті**. *Көп болып бірігіп, ұйымдасты, келісті.*

**ӘУ: әу баста**. сөйл. ***Әуел баста.*** **Әу бастағыдай** *Алғашқыдай, бастапқыдай.* **Әу дегенде**. *Сол бойда, салған жерден, бірден.*

**ӘУДЕЖАР** үст. *Кенет, оқыстан.*

**ӘУДЕМДЕ** үст. *Көзді-ашып жұмғанша, әп-сәтте, тез арада.*

**ӘУДЕМЖЕР** зат. этн. *Дауыс естілетіндей арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем, жақын жер.*

**ӘУДЕМСІ=** ет. *Әумесерлену, әулекілену, есіру.*

**ӘУЕ** [ар. هواء] зат. **1.** *Жер үстін қоршаған көк күмбезі; аспан.* **2.** сөйл. ***Ауа.***

**Әуе айналды**. *Күн шыжыды, күн күйіп тұрды.* **Әуе айналып, жерге түсті**. сөйл. *Аспан айналып, жерге түсті.* **Әуе атысы**. әск. *Ұшу аппаратындағы авиациялық зеңбіректер мен пулеметтерден, ұшу аппаратымен тасымалдайтын жеке құрамның атыс қаруынан жүргізілетін атыс.* **Әуе барлауы**. әск. *Жаудың жердегі, теңіздегі, әуедегі объектілері жөнінде мәліметтер жинайтын және қарулы күш бөлімдері мен құрамаларының ұтымды ұрыс қимылдарын жүргізу мақсатын көздейтін барлаудың негізгі түрі.* **Әуе дабылы**. әск. *Қарсыластың әуе шабуылына тойтарыс беруге, әуе шабуылына қарсы қорғануға, соққысынан сақтауға шақыратын белгі.* **Әуе десанты**. әск. *Қарсылас тылына ұшақ және басқа ұшу аппараттарымен түсірілген арнайы дайындалған әскер құрамасы.* **Әуе десант әскері**. әск. *Қарсылас тылына түсіруге және онда соғыс қимылдарын жүргізуге арнайы дайындалған құрлық әскері.* **Әуе жауды**. жерг. *Жаңбыр жауды.* **Әуе кассасы**. *Азаматтық ұшақтарға, әуекөліктеріне ұшу құқығын беретін құжаттар сататын орын.* **Әуе көлігі**. *Әуемен жолаушылар, пошта және жүк тасытын көлік түрі.* **Әуе құқығы**. заң. *Әуе кеңістігін пайдалану режимін, әуеде ұшу мен тұрақты әуе жолын ашу тәртібін реттейтін халықаралық жосындар мен қағидалар жиынтығы.* **Әуе поштасы**. *Әуе жолдары арқылы, әуе көліктерімен жеткізілетін хат-хабар.* **Әуе райы**. сөйл. а) ***Ауа райы.*** ә) ***Күн райы.*** **Әуе спорты**. *Әуе аппараттарымен жарысу негізіндегі спорт түрі.* **Әуе толқыны**. физ. *Физикалық жағдайдағы тербелгіш дыбыстық қозғалыстар.* **Әуе шабуылы**. әск. *Әуеден жасалатын шабуыл түрі.* **Әуе шайқасы**. әск. *Әуедегі ұшқыштардың атыс пен маневр арқылы қарсыласты жоюға бағытталған қақтығыстары.*

**ӘУЕГЕЙ** сын. *Дарақы, әуейі.*

**ӘУЕ-ҒАРЫШ: әуе-ғарыш агенттігі**. *Жер атмосферасы және ғарыш кеңістігі ісімен айналысатын бірлестік, орталық.*

**Әуе-ғарыш ұшағы**. *Жер атмосферасында да, ғарыш кеңістігінде де ұша алатын ұшақ.*

**ӘУЕЖАЙ** зат. <грек. aer – ауа, фран. port – айлақ> *Ұшақтар мен жолаушыларды ұшыратын, қабылдайтын мекенжай.*

**ӘУЕЖОЛ** зат. *Белгілі бір пунктер арасындағы жолаушылар мен жүк тасымалдайтын ұшу аппараттарының белгіленген тұрақты бағдары.*

**ӘУЕЗ** [ир. آواز] зат. **1.** *Әуен, ырғақ, саз.* **2.** ауыс. *Дыбыс, үн.* **3.** сөйл. ***Әуезе*** *(алыпқашпа сөз, лақап, қауесет, дақпырт).*

**Әуез өнері**. *Саз өнері, музыка.* **Әуез салды**. *Жар салды, хабарлады, хабар таратты.*

**ӘУЕЗДЕС** сын. *Әуезі ұқсас, үндес, үйлес.*

**ӘУЕЗДІ** сын. **1.** *Даусы, үні әдемі; үндес, үйлес.* **2.** лингв. *Әуенді, ырғақты.*

**ӘУЕЗДІЛІК** зат. *Үндестік, үйлесімділік, саздылық.*

**ӘУЕЗЕ** [ир. اوازه]зат. **1.** сөйл. ***Әуез*** *(ән, әуен, ырғақ, саз).* **2.** *Нысан, өзек, түйін.* **3.** әдеб. *Баяндау, әңгіме, сипаттама.* **4.** әдеб. *Аңыз.* **5.** *Қауесет, лақап, дақпырт, алыпқашпа сөз.*

**Әуезе етті.** *Әдетке айналдырды, әдет қылды.* **Әуезе қуды**. *Қауесет, дақпырт іздеді, сөз қуды.* **Әуезе қылды**. а) *Сипаттады, баяндады, әңгімеледі.* ә) *Қауесет, сыбысқа айналдырды, аңыз қылды.*

**ӘУЕЗЕЛЕН=** ет. *Баяндалу, әңгімелену, сипатталу.*

**ӘУЕЗЕЛЕНУ** *Әуезелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕЗЕЛЕУШІ** зат. *Баяндаушы, әңгімелеуші, сипаттаушы.*

**ӘУЕЗОВТАНУ** зат. әдеб. *М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық өнерін, қайраткерлік және ұстаздық қызметін, сондай-ақ әдеби, мәдени мұрасына қатысты мәселелерді зерттейтін сала.*

**ӘУЕЗОВТАНУШЫ** зат. әдеб. *М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын, әдеби, мәдени мұрасын зерттеуші.*

**ӘУЕЗСІЗ** сын. *Әуезі жоқ, үйлесімсіз, жарасымсыз.*

**ӘУЕЙ** зат. сөйл. ***Әуейі.***

**Әуей болды**. сөйл. ***Әуейі болды.***

**ӘУЕЙЛЕН=** ет. сөйл. ***Әуейілен.***

**ӘУЕЙІ** [ар. هوى] сын. *Желікпе, әулекі, даңғой, көрсеқызар.*

**Әуейі болды**. *Көңілдес, ашына болды, ғашық болды, құмар болды.*

**ӘУЕЙІЛЕН=** ет. **1.** *Есерлену, селтеңдеп желігу, дарақылану.* **2.** *Құмарту.*

**ӘУЕЙІЛЕНУ** *Әуейілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕЙІЛІК** зат. психол. **1.** *Есерлік, дарақылық, көрсеқызарлық.* **2.** *Әуестік, құмарлық, ынтазарлық.*

**ӘУЕК** зат. *Үйір, топ.*

**ӘУЕКАБЕЛЬ** зат. *Екі өткізгіш сымнан тұратын, ашық ауада бағана-тіректердің басына ілініп қойылатын құрылғы.*

**ӘУЕКЕМЕ** зат. *Жолаушылар таситын ұшақ.*

**ӘУЕКСІТ=** ет. *Еліктіру, желіктіру.*

**ӘУЕКСІТУ** *Әуексіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕКТЕ=** ет. жағымсыз. *Асқақтау, дандайсу.*

**ӘУЕКТЕТ=** ет. жағымсыз. *Қолпаштау, әсіре айтқанын істеу, алдында бөйек қағу.*

**ӘУЕКТЕТУ** *Әуектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕКТЕУ** *Әуекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕЛ** үст. сөйл. *Алғашқы, бірінші.*

**Әуел баста**. *О баста, алғашқыда, бастапқыда.* **Әуел бастан.** *Әуелден, ежелден, алғашқы кезден.*

**ӘУЕЛГІ** үст. *Осыған дейінгі, алғашқы, бастапқы, бірінші.*

**Әуелгі кезде**. *Бастапқы уақытта, алғашқыда.*

**ӘУЕЛГІДЕ** үст. *Алғашқы кезде, бастапқыда.*

**ӘУЕЛГІДЕЙ** сын. *Осыған дейінгідей, бастапқыдай.*

**ӘУЕЛГІШЕ** үст. *Бұрынғыдай етіп, бұрынғыша, әуелгіге ұқсас.*

**ӘУЕЛДЕ** үст. *Әдепкі кезде, о баста, ә дегенде, бастапқыда.*

**ӘУЕЛДЕН** үст. *Ежелден, атам заманнан, о бастан, баяғыдан.*

**ӘУЕЛЕ=** ет. **1.** *Жоғарылап ұшу, көкке өрлеу, самғау.* **2.** *Көкке бойлау, тым биік болу.* **3.** ауыс. *Асқақтау, шарықтау.*

**ӘУЕЛЕН=** ет. *Жоғарылау, аспандау, шарықтау, асқақтау.*

**ӘУЕЛЕНУ** *Әуелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕЛЕТ=** ет. **1.** *Көкке көтеру, жоғарылату, аспандату.* **2.** ауыс. *Шарықтату, асқақтату.*

**ӘУЕЛЕТУ** *Әуелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕЛІ** [ар. أوّل] үст. **1.** *Бәрінен бұрын, ең алдымен.* **2.** сөйл. *Керек десе, тіпті.*

**ӘУЕЛІМ** үст. сөйл. ***Әуелі.***

**ӘУЕЛІНДЕ** үст. сөйл. ***Әуелі.***

**ӘУЕН** зат. **1.** *Ән немесе күй сазы.* <грек. melodia> **2.** *Түрлі дыбыс, дауыс, шуыл.* **3.** лингв. *Сөйлеу кезіндегі тіл дыбыстары ағымының негізгі тон жиілігі.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің ықпалынан болатын әсер, сарын.* **5.** ауыс. *Сарын, мәнер.* **6.** ауыс. *Ыңғай, икем, сыңай.*

**Әуеніне басты**. *Бұрынғы әдетіне қайта түсті.* **Әуеніне ерді**. *Басқаның ықпал-ырқымен кетті, жетегінде болды.* **Әуенінен жаңылды [танды]**. *Дағдысынан, үйреншікті қалпынан айрылды.* **Әуеніне төңкерілді**. *Айтқанына көніп, көңілін табуға тырысты, ыңғайына жүрді.*

**ӘУЕНДЕ=** ет. **1.** *Ырғағын келтіру, ән салу, әуенге салу.* **2.** ауыс. *Еліктеу, еру.*

**ӘУЕНДЕЙ** сын. *Әуен сияқты, әуен тәрізді.*

**ӘУЕНДЕС** сын. *Біртектес, ұқсас, үндес.*

**ӘУЕНДЕСУ** *Әуендес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕНДЕС=** ет. *Өзара ұқсас, үйлес болу.*

**ӘУЕНДЕТ=** ет. **1.** *Әндету, әуенге салу.* **2.** ауыс. *Ілесу, еру.*

**ӘУЕНДЕТУ** *Әуендет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕНДІ** сын. *Әуезді, сазды.*

**ӘУЕНДІЛІК** зат. *Сөз иіні мен ән ырғағындағы үйлесімді саздылық.*

**ӘУЕН-САЗ** зат. *Түрлі әуен, ырғақ, саз.*

**ӘУЕНШІ** зат. жерг. ***Әнші.***

**ӘУЕС** [ар. هواس] сын. **1.** *Үйір, құмар, құштар.* **2.** *Жеңсік, таңсық, жақсы көретін, ұнататын (тағам туралы).*

**Әуес болды**. а) жағымсыз. *Құмартты, қанағатсыз берілді.* ә) жағымды. *Жақсы көрді, сүйсініп айналысты.* б) *Үйір болды, қызықты.* **Әуес көрді [қылды, етті]**. а) *Тамашалады, қызықтады.* ә) *Қызықты, құмартты, елтіді.* б) *Үйір болды, жақын болды.* **Әуесі қанды**. *Қызығы басылды, құмары тарқады.*

**ӘУЕСҚОЙ** сын. **1.** жағымсыз. *Әр нәрсеге құмартушы, көрсеқызар, әуесшіл, қызыққыш.* **2.** жағымды. *Кәсіби маман болмағанмен, белгілі бір іспен ыждағатпен айналысушы.*

**ӘУЕСҚОЙЛЫҚ** зат. **1.** жағымсыз. *Қызығушылық, құмарлық, әуестік.* **2.** жағымды. *Кәсіби мамандықпен, қызмет саласымен ыждағатты түрде айналысушылық.*

**ӘУЕС-ҚЫЗЫҚ** зат. сирек. *Ойын-күлкі, той-думан.*

**ӘУЕСТЕ=** ет. *Тамашалау, қызықтау.*

**ӘУЕСТЕН=** ет. **1.** *Қызығу, құмарту, үйір болу.* **2.** жағымсыз. *Шектен тыс, қанағатсыз құмарту, жаман әдетке айналдыру.*

**ӘУЕСТЕНГІШ** сын. *Көңілі ауып, қызыққыш, құмартқыш.*

**ӘУЕСТЕНДІР=** ет. *Қызықтыру, құмарландыру, машықтандыру.*

**ӘУЕСТЕНДІРУ** *Әуестендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕСТЕНУ** *Әуестен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЕСТЕНУШІ** зат. *Белгілі бір іске қызығушы, сонымен айналысушы.*

**ӘУЕСТЕНУШІЛІК** зат. *Бір нәрсеге ойы кетіп, құмартушылық.*

**ӘУЕСТІК** зат. **1.** *Қызығушылық, әуесқойлық.* **2.** *Құмарлық, құштарлық.* **3.** жағымсыз. *Әдетке айналдырушылық.*

**ӘУЕСШІЛ** сын. *Көрсеқызар, әуесқой.*

**ӘУЕТАЯҚ** зат. этн. ойын. *Таяқшаларды аспандата лақтырып ойнайтын ойын.*

**ӘУЖАЙ** зат. сөйл. ***Аужай.***

**ӘУЖЕ: әуже алды**. *Нәр алды, тойынды, құаттанды.*

**ӘУКЕ** зат. **1.** *Сиыр малының мойын астындағы салбыраңқы терісі.* **2.** *Адамның мойын тұсы.*

**Әукесін салды**. *Көңілі ауып, ықыласы түсті.* **Әукесі түсті**. *Көңіл қошы болмай, еңсесі түсті.*

**ӘУКЕДЕЙ** сын. *Әуке сияқты, әуке тәрізді.*

**ӘУКЕЛЕКТЕ=** ет. *Өңкілдеу, одыраңдау.*

**ӘУКЕЛЕКТЕУ** *Әукелекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУКЕЛЕН=** ет. *Бұғақ пайда болып, әуке біту.*

**ӘУКЕЛЕНУ** *Әукелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУКЕЛІ** сын. *Әукесі бар, әукесі үлкен.*

**ӘУКЕШЕ** үст. *Әукеге ұқсап, әуке тәрізді.*

**ӘУКІМ-ӘУКІМ** од. этн. *Сиыр малын шақыраарда айтылатын сөз.*

**ӘУЛЕКІ** сын. *Әңгүдік, елірме, даңғой, әумесер.*

**ӘУЛЕКІЛЕН=** ет. *Еліріп, есіру, даңғойлану, дарақылану.*

**ӘУЛЕКІЛЕНДІР=** ет. *Есірту, елірту, даңғойландыру, дарақыландыру.*

**ӘУЛЕКІЛЕНДІРУ** *Әулекілендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЛЕКІЛЕНУ** *Әулекілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЛЕКІЛІК** зат. *Даңғойлық, әумесерлік, дарақылық, даңғазалық.*

**ӘУЛЕТ** [ар. أولاد] зат. <грек. dynasteia> *Бір атаға жататын ұрім-бұтақ, тұқым, зәузат.*

**ӘУЛЕТТЕС** сын. *Әулеті бір, туыс-тума.*

**ӘУЛЕТТІ**[1] сын. *Туыс-туғаны мол, ұрімбұтақты, зәузатты.*

**ӘУЛЕТТІ**[2] сын. **1.** *Әлеуетті, күшті, қуатты.* **2.** *Ауқатты, бай.*

**ӘУЛЕТТІК** сын. *Әулетке, туған-туысқа, ұрім-бұтаққа қатысты, зәузаттық.*

**ӘУЛИЕ** [ар. أولياء] зат. **1.** діни. *Ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.* **2.** *Көріпкел, алдағыны болжағыш, көреген, сәуегей.* **3.** ауыс. *Адал, пендешіліктен ада, рухани таза адам.* **4.** ауыс. *Ең қадірлі, таңдаулы, керемет.*

**Әулие адам**. діни. *Алла Тағаланың ерекше жаратылған рухы биік сүйікті құлы.* **Әулие болса**. *Соншама мықты болса, күшті, керемет болса.* **Әулиеге ат айтты, Қорасанға қой айтты**. этн. көне. *Балаға [адамға] шешек шыққан кезде боз қасқа (ат), ақсарбас (қой) атап Құдайға жалбарынды.* **Әулиеден әулие қоймады**. *Дала кезіп, әулие-әнбиелерге жалбарынды.* **Әулиенің кені**. *Әулие көп шоғырланған жер, әулиесі көп аймақ.* **Әулие қолдасын [қолдағай]**. тілек. *Әулиелер желепжебесін, жар болсын.* **Әулие тұтты [санады]**. *Қадірлеп, қастерледі, артық санады.* **Әулие уәли**. діни. *Тірілердің тағдырына ықпал ететін, қасиетті, киелі адам.*

**ӘУЛИЕАҒАШ** зат. өс. сөйл. діни. ***Ақтал.***

**ӘУЛИЕ-АРУАҚ** зат. *Желеп-жебеуші, қолдаушы.*

**ӘУЛИЕ-ӘНБИЕ** зат. діни. *Мұхаммед пайғамбардың серіктері, туыстары, ұрім бұтақтары, діни қайраткерлер.*

**ӘУЛИЕДЕЙ** сын. *Әулие сияқты, әулие тәрізді.*

**ӘУЛИЕЛІ** сын. діни. *Киелі, қасиетті.*

**ӘУЛИЕЛІК** зат. діни. *Алланың ризалығын алғандық, рухы биіктік, әулиеге тән қасиет.*

**ӘУЛИЕМСІ=** ет. сөйл. ***Әулиесі.***

**ӘУЛИЕСУ** *Әулиесі етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЛИЕСІ=** ет. экспр. жағымсыз. менсінбеу. *Құдіретті болғансу, өзін әулие, сопы етіп көрсету, білгішсіну.*

**ӘУЛИЕСІН=** ет. экспр. жағымсыз. *Білгішсіну, көріпкелсіну.*

**ӘУЛИЕСІНУ** *Әулиесін етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЛИЕСІТ=** ет. экспр. жағымсыз. *Орынсыз құрметтету, қадірлету.*

**ӘУЛИЕСІТУ** *Әулиесіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУЛИЕШЕ** үст. *Әулиеге ұқсап, әулие тәрізді.*

**ӘУЛИЕШІЛІК** зат. сөйл. ***Әулиелік.***

**ӘУЛІ** зат. жерг. **1.** *Қора, қора-қопсы, қора-жай.* **2.** *Аула, есік алдындағы ашық алаңқай.* **3.** *Төбесі тесік, жалғыз бөлмелі жер үй.*

**ӘУЛІГУ** *Әулік етістігінің қимыл атауы; желігу, еліру.*

**ӘУЛІ-ЖАЙ** зат. жерг. *Қора-қопсы.*

**ӘУЛІК=** ет. **1.** *Біреудің ыңғайына көну, икемделу, ілесу, желігу.* **2.** *Дарақылану, әуейілену, бос нәрсеге сабырсыздану.*

**ӘУЛІКПЕ** сын. *Шыдамсыз, дарақы, желіккіш.*

**ӘУЛІКТІР=** ет. *Желіктіру, желпіндіру.*

**ӘУЛІКТІРУ** *Әуліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУМЕСЕР** сын. *Есерсоқ, есалаң, әулекі.*

**ӘУМЕСЕРДЕЙ** сын. *Әумесер сияқты, әумесер тәрізді.*

**ӘУМЕСЕРЛЕН=** ет. *Есерсоқтану, әулекілену.*

**ӘУМЕСЕРЛЕНДІР=** ет. *Әулекілендіру, есерсоқ ету.*

**ӘУМЕСЕРЛЕНДІРУ** *Әумеселендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУМЕСЕРЛЕНУ** *Әумесерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУМЕСЕРЛІК** зат. *Есерсоқтық, әулекілік, дарақылық.*

**ӘУМЕСЕРШЕ** үст. *Әумесерге ұқсап, есерсоқ сияқты.*

**ӘУМЕТ** зат. *Тұқым-тұқиян, ұрпақ.*

**ӘУМИН** од. діни. *Дұға оқып, бата қылу үстінде «қабыл болсын» дегенді білдіретін сөз.*

**ӘУМІШ** сын. жерг. *Есерсоқ, әумесер, ақымақ.*

**ӘУП**[1] од. **1.** *Ауырлықты көтергенде, бір іске бел буып күш салып, шұғыл қимылдағанда шығатын көтеріңкі дауыс.* **2.** балатілі: *«Қолыңа ал», «көтер» деген мәндегі сөз.*

**Әуп етті**. *Қолына алып, көтерді.*

**ӘУП**[2] елік. *Кенеттен үрген иттің дауысын және соған ұқсас дыбыстарды бейнелейтін сөз.*

**ӘУП-ӘУП** елік. *Әупілдеген дыбыс.*

**Әуп-әуп етті**. *Әлсін-әлсін үрді, әупілдеді.*

**ӘУПЕРІ** сын. сөйл. *Есерсоқ, әумесер, алаңғасар.*

**ӘУПЕРІМ** сын. ***Әупері.***

**ӘУПІЛ** зат. *Әуп-әуп еткен дауыс, үн.*

**ӘУПІЛДЕ=** ет. **1.** *Әуп-әуп етіп үру.* **2.** *Әупілдек, үкі сияқты кейбір құстардың созыңқырап үн шығаруы.* **3.** *Тарс, гүрс, шалп-шұлп еткен қатты дыбыстардың шығуы.* **4.** ауыс. *Арсылдау, шуылдау.*

**ӘУПІЛДЕК** зат. зоол. <лат. botaurus stellaris> *Қамысты көлдерді мекендеп, түндерде әупілдеп шығатын, үлкендігі үйректей, қоңыр қара дақты су құсы.*

**ӘУПІЛДЕКШЕ** үст. *Әупілдекке ұқсап, әупілдек сияқты.*

**ӘУПІЛДЕС=** ет. *Әуп-әуп етіп, үн қосу, тарс- тұрс ету.*

**ӘУПІЛДЕСУ** *Әупілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУПІРІМ** сын. *Күшті, жойқын.*

**ӘУПІРІМДЕП** үст. *Зордың күшімен, әреңәрең, әзер деп.*

**ӘУПІРІМДЕС=** ет. *Қиналысу, тілектес болу.*

**ӘУПІРІМДЕСУ** *Әупірімдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУПІРІММЕН** үст. *Өлдім-талдым дегенде, әрең-әрең, әзер-әзер.*

**ӘУПШІМ** зат. балатілі. *«Әуп ет», «көтер» дегенді білдіреді.*

**ӘУРЕ** [ир. آوره] зат. *Әлек, сергелдең, әбігер, машақат.*

**Әуре болды**. *Әлекке түсті, әбігер болды, сергелдеңге түсті, машақаттанды.* **Әурегe салды**. *Әбігерге түсірді, әлекке салды, сергелдеңге түсірді.* **Әуреге түсті**. *Әбігерге түсті, сергелдеңге түсті, әлек болды.* **Әуре етті [жасады]**. *Маза*

*бермеді, әлекке салды, сергелдеңге түсірді, әбігерге салды.* **Әуре қылды**. *Әбігерге түсірді, әлекке салды, сергелдеңге түсірді.*

**ӘУРЕЛЕ**= е т. *Әуреге салу, сергелдеңге салу, әбігерге түсіру.*

**ӘУРЕЛЕН**= е т. *Әбігер болу, әуреге түсу, сергелдеңге түсу.*

**ӘУРЕЛЕНУ** *Әурелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУРЕЛЕНІС** з а т. *Әуреге түсушілік, әбігер болушылық.*

**ӘУРЕЛЕУ** *Әуреле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУРЕЛІК** з а т. *Әбігершілік, сергелдең, машақат.*

**Әурелікке салды**. *Әбігер етті, әуреледі.*

**ӘУРЕ-САРСАҢ** з а т. *Машақат, сергелдең, әбігер, әурешілік.*

**Әуре-сарсаңға түсті**. *Сабылды, әлек болды*

**ӘУРЕ-СҮРЕҢ** з а т. *Сергелдең, әбігер, әлек.*

**ӘУРЕТ** [ар. عورة] з а т. **1**. *Адам денесіндегі ұятты жерлер, жыныс мүшесі.* **2**. к ө н е. *Шырай, өң, рең.*

**ӘУРЕШІЛДІК** з а т. с ө й л. ***Әурелік***.

**ӘУРЕШІЛІК** з а т. с ө й л. ***Әурелік***.

**ӘУРІЛ**= е т. *Ұшырау, тап болу, кезігу.*

**ӘУСЕЛЕ** [ир. حوصله] з а т. **1.** *Аужай, шама-шарық.* **2**. а у ы с. *Арын, екпін, қарқын.*

**Әуселесін басты**. *Арынын, екпінін басты, қарқынын тежеді, бетін қайтарды.* **Әуселесін көрді**. *Шама-шарқын, аужайын байқады.*

**ӘУІЗ** [ар. حوض] з а т. *Қолдан жасалған суқойма.*

**ӘУІП** о д. с ө й л. ***Әуп***.

**ӘУІР: әуірі басылмады**. *Құмары басылмады, желігі тарқамады.*

**ӘУІРЕЙ** з а т. е с к і к і т. *Көңілдің желігі.*

**ӘУІРІЛ**= е т. *Өрекпу, елеуреу, екілену.*

**ӘУІРІЛУ** *Әуіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӘУІТ** з а т. *Ауданы 1 шаршы километрден аспайтын не кішігірім өзен, бұлақ, сай, жылға аңғарларында бөгет салу жолымен жасалған суқойма.*

**ӘФСАНА** з а т. ә д е б. ***Әпсана***.

**ӘҺЛИ: *Әһли сүннет*** д і н и. *Сенімі мен қимыл-әрекеттерінде пайғамбарымыз (ғ.с.) бен сахабаларының, олардан кейін келген мұжтәһид ислам ғалымдарының жолында болған, яғни төрт мазһабтың (Ханафи, Малики, Шафии, Ханбели) бірінде болған мұсылмандар.*

**ӘШЕ** с ы н. ж е р г. ***Әшкере***.

**ӘШЕЙІН** ү с т. с ө й л. ***Әншейін***.

**ӘШЕЙІНДЕ** ү с т. с ө й л. ***Әншейінде***.

**ӘШЕКЕЙ** з а т. **1**. *Әдемі ою-өрнек, сәнді нақыш.* **2.** *Сәндік, зергерлік бұйым.*

**Әшекей бұйымдар [заттар]**. <франц. bijouterie > *Зергерлік бұйымдар.*

**ӘШЕКЕЙЛЕ**= е т. *Әдемі етіп оюлау, өрнектеп безендіру.*

**ӘШЕКЕЙЛЕН**= е т. *Өрнектелу, безендірілу.*

**ӘШЕКЕЙЛЕНУ** *Әшекейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШЕКЕЙЛЕТ**= е т. *Безендірту, өрнектету, сәндету.*

**ӘШЕКЕЙЛЕТУ** *Әшекейлету етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШЕКЕЙЛЕУ** *Әшекейле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШЕКЕЙЛІ** с ы н. *Ою-өрнекпен безендірілген, әшекей салынған.*

**ӘШЕКЕЙСІЗ** с ы н. **1**. *Ою, өрнексіз.* **2**. а у ы с. *Боямасыз, қоспасыз, шынайы.*

**ӘШЕПКІ** [ор. ошибка] з а т. к а р а п. ***Қате***.

**ӘШИЕ** з а т. к ө н е. ***Әшекей***.

**ӘШИЕСІЗ** с ы н. к ө н е. **1.** ***Әшекейсіз***. **2.** а у ы с. *Боямасыз, қоспасыз, шынайы.*

**ӘШКЕРЕ** [ир. اشکاره] с ы н. **1**. *Жария, құпиясы белгілі, ашық.* **2.** *Анық, айқын, белгілі.*

**Әшкере болды**. *Әйгіленді, белгілі болды, әшкереленді.* **Әшкере етті [қылды]**. *Әйгіледі, жариялады.*

**ӘШКЕРЕЛЕ**= е т. *Әйгілеу, құпиясын ашу.*

**ӘШКЕРЕЛЕН**= е т. *Әйгілену, құпиясы ашылу, жариялану.*

**ӘШКЕРЕЛЕНУ** *Әшкерелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШКЕРЕЛЕТ**= е т. *Жариялату, әйгілету, масқаралату.*

**ӘШКЕРЕЛЕТУ** *Әшкерелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШКЕРЕЛЕУ** *Әшкереле етістігінің қимыл атауы.*

**ӘШКЕРЕЛЕУШІ** з а т. *Құпия сырды ашып салатын, әйгілеуші.*

**ӘШМҮШКЕ** [ор. восьмерка] з а т. с ө й л. к ө н е. *Қадақтың сегізден бір бөлігі.*

**ӘШПҮШ: әшпүш дегенше**. с ө й л. *Әнеміне дегенше, тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша.*

**ӘШІР** [ар. عاشوراء] з а т. *Ай есебі бойынша жылдың басы – мухаррам айы; мейрам ретінде тойланбайды.*

# Б

**Б 1**. *Қазақ әліпбиінің үшінші әрпі.* **2.** л и н г в. *Екі еріннің бір-біріне жақындасып тоғысуының нәтижесінде жасалатын қосерін ұяң дауыссыз дыбысты таңбалайтын әріп.* **3**. *Қазақ тілінде жазылған еңбектерде санау ретімен жүйелеу үшін әріппен таңбаланғанда үшіншілік (3) мәнді білдіреді.*

**БА**[1] ш ы л. *Ма, ме, па, пе сұраулық шылауының айтылым (фонетикалық) нұсқасының бірі.*

**БА**[2] о д. с ө й л. ***Па*** *(таңдану, қуану мәнін білдіретін дыбыстық тіркес).*

**БАБ**[1] з а т. д і н и. е с к і к і т. *Қайнар, бұлақ.*

**БАБ**[2] [ар. باب] з а т. *Тарау, бөлім.*

**БАБ**[3] [ар. باب] з а т. д і н и. *Орта ғасырларда бұқара халық арасында ислам дінін уағыздаушылардың құрметті атағы.*

**Бабтар бабы – Арыстан баб.** д і н и. *[Арыстан бап 7-8 ғасырларда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, пірі болған қазақ даласына дін таратуға келген сахабалардың ішіндегі ең құрметтісі, ежелгі Отырар қаласы маңындағы қабірінің басына кесенесі салынған].*

**БАБА** [ир. بابا] з а т. **1**. *Арғы ата, үлкен ата.* **2.** э к с п р. *Құрметтеу, қадір тұту мағынасында жеке адамның атына тіркесе айтылатын сөз.* **3.** с ө й л. *Қарт, қария.* **4.** м и ф. *Халық ұғымында, адамның арғы тегін аруақ тұтып, содан көмек сұрап жалбарынғанда сүйенетін пірі.*

**Баба буын**. *Алдыңғы ата ұрпақ.* **Баба Қайып**. м и ф. *Ежелгі түркі халықтарының нанымсенімі бойынша жолаушы адамды қолдайтын пір.* **Бабаңды көрмей кетемін**. с ө й л. *Жүзіңді көрмеймін, ата-бабаңнан бастап сыйламай кетемін деген мағынадағы қарғану сөз.* **Баба түкті шашты әзіз**. м и ф. *Қазақ фольклорында қолдаушы, қауіп-қатерге ұшыраған адамға көмек көрсетуші аруақ түрінде бейнеленген әулие.* **Баба тілі.** л и н г в. *Ата тіл; этностың қалыптасуына негіз болған, атам заманнан келе жатқан тіл.*

**БАБАЖАПЫРАҚ** з а т. б о т. <лат. crambe> *Сабағы ұзындау, басында түймешігі бар, крестгүлділер тұқымдасына жататын көк гүлді ұзынша өсімдік.*

**БАБАЙ**[1] з а т. **1**. э м о ц. *Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мәнінде қолданылуы.* **2.** с ө й л. *Қарт, шал.*

**БАБАЙ**[2] з а т. м и ф. *Кішкентай балаларды қорқытатын құбыжық бейнесіндегі шал.*

**БАБАЛА**= е т. *Бабасына сыйыну, бабасын шақыру, баба-баба деу.*

**БАБАЛАТ**= е т. *Бабасына сыйындыру, бабасын шақырту, баба-баба дегізу.*

**БАБАЛАТУ** *Бабалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАБАЛАУ** *Бабала етістігінің қимыл атауы.*

**БАБАЛЫҚ** с ы н. *Бабаға қатысты, бабаға тән.*

**БАБАР**[1] з а т. с ө й л. ***Бабыр.***

**БАБАР**[2]**: бабар қылмады**. *Елемеді, ескермеді.*

**БАБАСАЛ** с ы н. с ө й л. *Ақыл тоқтатқан, байсалды.*

**БАБАУЛА**= е т. с ө й л. ***Бебеуле***.

**БАББИТ** з а т. м е т а л л. *Мойын тірекішпектерін (подшипник) жасауға арналған, үйкеліс коэффиценті төмен қалайы мен қорғасын қорытпасы.*

**Баббит зауыты**. к е н. *Баббит қорытпасын өндіретін зауыт.*

**БАБҒАЙ** з а т. ж е р г. *Ит пен жыртқыш құс ішіндегі саятшылыққа жарамайтын түрі.*

**БАБЕЗ: бабез құрт ауруы.** в е т. <лат. Babesia starcovici> *Төрт түліктің ішінде қарамалда (сиыр, қой-ешкі) болатын құрт ауруының бір түрі.*

**БАБИЗМ** з а т. д і н и. *Ирандағы діни ағым.*

**БАБИШІЛЕР** з а т. д і н и. ***Бабшылар***.

**БАБУИН** [франц. babouin] з а т. з о о л. *Орталық және Шығыс Африканы мекендейтін павиан тұқымдас маймыл.*

**БАБҰССАЛАМ** [ар. باب السلام] з а т. д і н и. *Мұсылмандық сенім бойынша о дүниедегі амандық қақпасы.*

**БАБШЫЛДАР** з а т. т а р. *XIX ғасырдың 40-жылдары пайда болған Саийд Әли Мұхаммед Ширази бабтың діни-саяси ілімін ұстанушылар.*

**БАБЫНДА** ү с т. **1**. *Нағыз дер шағында, күйінде, өз деңгейінде, қалпында.* **2.** *Күтімі жақсы (тұлпарға, қыран құсқа қатысты).*

**БАБЫНДАҒЫ** с ы н. *Бабында тұрған, бабы келіскен, бапты, күтімі жақсы.*

**БАБЫР** з а т. з о о л. <лат. pantera pardus> *Мысық тұқымдас жыртқыш аң, қабылан.*

**БАВАРЛАР** з а т. *Германиядағы Бавария жері мен бұрынғы Бавария мемлекетінің халқы, осы аймақтың тұрғындары, герман тайпасы атауы.*

**БАГАЖ** [франц. bagage] з а т. ***Жүк***.

**БАГАНДА** з а т. *Ганда, Солтүстік Уганданы мекендейтін халық атауы.*

**БАГАРИЙ** з а т. б а л ы қ ш а р. *Жайын тәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**БАГЕР: багер сорғы.** т е х. *Күл, қоқыс, құм, руда үгіндісі т.б. аралас суды айдауға арналған қалақшалы гидравликалық сорғыш.*

**БАГЕРЛІ** с ы н. т е х. *Багері бар, багер орнатылған.*

**БАГГИ** [ағыл. buggy] з а т. с п о р т. *Жеңіл, бір орындық, икемді әрі жылдам қозғалатын спорт автокөлігі.*

**БАГЕТ** [франц. baguette] з а т. *Есік, терезе жақтауларын дайындауға, портрет, картина қоюға арналған ойылып жасалған үлгі-бағана.*

**БАГЕТШІ** з а т. *Багет-терезе жақтауларын жасайтын шебер.*

**БАГИРМИ** зат. *Африкалық Чад республикасындағы халық атауы.*

**БАГОР** ор. зат. жерг. *Сабы ағаштан жасалған темір ілмек.*

**БАГОРЛЫ** сын. *Багоры бар.*

**БАҒ** зат. **1.** көне. *Бау; ежелгі түркілер мен Енисей қырғыздарындағы ру-тайпалық бөлініс, топ, тармақ атауы.* **2.** *Моңғол Халық Республикасындағы төменгі әкімшілік бөлік.*

**БАҒА** [ир. بها ] зат. **1.** *Заттың құны, нарқы.* **2.** экон. *Тауарды (қызметті, бағалы қағазды) өткізу құны, тауардың ақшаға шаққандағы құны.* **3.** пед. *Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын балдық жүйе.* **4.** *Бір нәрсенің сыны, парқы.* **5.** ауыс. *Қадір-қасиет.*

**Баға ауқымы**. экон. *Ақша өлшемі түрінде бекітілген алтын немесе күмістің анықталған салмағы.* **Баға бәсекесі**. экон. *Баға арқылы нарықтағы жоғары орынға ие болуға әрекеттену процесі.* **Баға белгілеу**. экон. *Тауар, қызмет немесе өнімнің экономикалық ережелерге сәйкес құнын анықтау.* **Баға берді**. *Қадір-қасиетін, құнын айырып дәл таныды, бағалады.* **Баға босатылды**. экон. *Нарық заңдылықтарына сәйкес тауар бағасы еркін белгіленді.* **Баға деңгейі**. экон. *Жекелеген тауарлардың (қызметтердің) не олардың жиынтығының белгілі бір күнгі не белгілі бір кезеңдегі ақша өлшемімен тұлғаланған бағасы.* **Баға жетпейді [жеткісіз]**. *Еш нәрсе тең келе алмайды, құнды, қымбат.* **Баға жетпес**. *Теңдесі жоқ, өте құнды.* **Баға жоқ**. *Аса құнды, қадірлі.* **Баға индексі**. экон. *Баға деңгейінің серпіні мен арақатынасын қорытындылаушы көрсеткіш.* **Баға кесті**. *Бағалады.* **Баға кесуші**. *Заттың құнын белгілеуші.* **Баға көрсеткі**. экон. *Тауарлардың бағасы жазылған анықтамалық немесе бағасы жазылған қағаз.* **Баға қойды**. а) пед. *Оқыту-тәрбиелеу процесінде оқушы білімінің, тәртібінің бағасын белгіледі.* ә) экон. *Тауар, қызмет немесе өнімнің құнын белгіледі, бағалады.* **Баға құралымы**. экон. *Бағаның, олардың құрылымының, деңгейлері мен арасалмақтарының қалыптасуы мен өзгеруі.* **Баға масштабы**. экон. *Белгілі бір елде ақша бірлігі ретінде қабылданған металдың (алтын немесе күміс) салмақтық өлшемі.* **Бағаны әртараптандыру**. экон. *Қаржылық мүмкіндіктері әр түрлі тұтынушыларды көптеп тарту жолымен рыноктың үлкен бөлігін қамту мақсатымен кәсіпорындар қолданатын баға саясаты.* **Бағаны қалпында сақтау**. экон. *Сыртқы экономикалық факторлардың немесе ақшаның құнсыздануының әсерінен бағаның бірнеше есе өсу процесі кезінде оны бір деңгейде ұстап тұру.* **Бағаның тұрақсыздануы.** әлеум.-экон. *Сатып алатын тауарлар мен заттар бағасының қымбаттай беруі.* **Бағаны оңтайландыру**. экон. *Бәсеке үшін күресте қолданылатын, жеңілдік жасау жүйесіне негізделген, сапасы әртүрлі тауарларға бірдей баға белгілеу.* **Бағаны ырықтандыру**. экон. *Бағаны тәуелсіздендіру, оны мемлекеттің тікелей реттеуінен шектеу.* **Бағасы алтыннан зор.** *Қымбат, бағалы.* **Бағасы асты**. *Қадірі артты, беделі артты.* **Бағасы кетті**. *Қадірі кетті, беделі түсті.* **Бағасын арттырды**. *Құнын асырды, абырой, беделін көтерді.* **Бағасын асырды**. *Қадір-қасиетін арттырды.* **Бағасын көтерді**. а) *Бәсін арттырды, құнын асырды.* ә) *Қадірін асырды; жоғары бағалады.*

**БАҒАЗ** [ар. بغاث] зат. діни. *Құранда аталатын тоғыз құстың бірі.*

**БАҒАЛА**= ет. **1.** экон. *Тауарды (қызметті, бағалы қағазды) өткізу, тауардың ақшаға шаққандағы құнын есептеу.* **2.** пед. *Оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының білім сапасын айқындау.* **3.** социол. *Әлеуметтік өзгерістерге, қоғам мүшелері ретіндегі жеке адамдардың қызметіне, мінез-құлықтарының мәнділігін, қоғамдағы белгілі бір нормалармен принциптерге сәйкестігін анықтау.* **4.** ауыс. *Анықтау, бағасын беру, сынау, мәнін, парқын айқындау.* **5.** ауыс. *Құрметтеу, қадірлеу.*

**БАҒАЛАҒЫШТЫҚ** зат. *Бағалай білу қасиеті, бағалай білушілік.*

**БАҒАЛАМАУШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Бағасын түсінбеушілік, парқын айырмаушылық.*

**БАҒАЛАН**= ет. **1.** *Бағасы белгілену, бағасы анықталу.* **2.** пед. *Оқушының білім деңгейінің балдық жүйемен белгіленуі, балмен анықталуы.* **3.** ауыс. *Қадірлену, құрметтелу.*

**БАҒАЛАНУ** *Бағалан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бағасы белгілену, бағасы анықталу.* **2.** ауыс. *Бағасы берілу, сыналу, парқы, мәні анықталу.*

**БАҒАЛАС** сын. *Бағасы бірдей, бағасы қатар, теңдес.*

**БАҒАЛАС**= ет. *Құндылығын, мәнін анықтау.*

**БАҒАЛАТ**= ет. **1.** *Біреуге бағасын белгілету.* **2.** ауыс. *Біреуге сыйлату, қадірін білгізу.*

**БАҒАЛАТУ** *Бағалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒАЛАУ**[1] зат. экон. ***Бағалама.***

**БАҒАЛАУ**[2] *Бағала етістігінің қимыл атауы.*

**Бағалау балдары**. пед. <франц. balle> *Оқушылардың білім деңгейін белгілейтін баға.* **Бағалау құны**. экон. *Жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын салық салынуға тиіс мүлкінің құны.* **Бағалау ұңғысы**. тех. *Мұнай және газ өндірісінде алдын ала бұрғыланған, бірақ тау-кен жыныстарының сынама үлгілері толық анықталмаған, пайдаланудағы көкжиектің коллекторлық мүмкіндіктерін анықтау мақсатындағы ұңғы.*

**БАҒАЛАУШЫ** зат. **1.** *Баға беруші, баға белгілеуші.* **2.** ауыс. *Қадірлеуші, құрметтеуші.*

**БАҒАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Бағасын түсінушілік.*

**БАҒАЛАУЫНША** үст. *Бағалауы бойынша, бағалауына қарағанда.*

**БАҒАЛАУЫШ** сын. *Бағасын көрсетуші, бағасын білдіруші.*

**Бағалауыш сөз**. лингв. *Қандай да құбылыс не затқа сөз иесінің қатысынан туындаған субъективті бағасын білдіретін сөздер.*

**БАҒАЛЫ** сын. **1.** *Бағасы жоғары, қымбат.* **2.** ауыс. *Құнды, асыл, мәні зор.*

**Бағалы қағаздар**. экон. *Иеленушісіне мүліктік құқық және дивиденд, пайыз түрінде белгілі бір ақша сомасын алуға құқық беретін құжаттар (акциялар, облигациялар және т. б.).* **Бағалы қағаздар айналысы**. экон. *Инвестициялық институттардың делдалдығымен бағалы қағаздардың инвесторлар арасында сатып алынуы және сатылуы.* **Бағалы қағаздар бағамы**. экон. *Бағалы қағаздардың сатылатын және сатып алынатын бағасы.* **Бағалы қағаздар маркетингі**. экон. *Тақырыбы бағалы қағаздар болып табылатын әртараптандырылған нысаналы тауар маркетингі.* **Бағалы қағаз ұстаушы**. экон. *Акция, облигация, ақша сертификаттары сияқты бағалы қағаздардың иесі.* **Бағалы мемлекеттік қағаздар**. экон. *Мемлекет меншігіндегі қандай да бір мүліктік құқығы бар құжаттар.* **Бағалы тері**. *Сырт киім тігуде пайдаланылатын, қымбат тұратын құндыз, түлкі сияқты аңдардың терісі.* **Бағалы тері кәсіпшілігі**. *Терісі бағалы аңдарды өсірумен және тері өңдеумен айналысатын шаруашылық саласы.*

**БАҒАЛЫҚ** зат. экон. *Еңбектің (өнімнің, жұмыстың, қызметтің, бұйымның т.б.) өлшемі үшін төлемақының белгіленген мөлшері.*

**БАҒАЛЫЛЫҚ** зат. *Құндылық, жоғары мәнділік.*

**БАҒАМ** зат. **1.** филос. *Бағыт, бағытбағдар.* **2.** экон. <лат. cursus> *Бағалы қағаздардың сатып алынатын, сатылатын бағасы.*

**Бағам айырмашылығы.** экон. *Шетелдік валюталар бірлігінің бірдей санын қайта есептеу нәтижесінде пайда болатын айырмашылық.* **Бағамның құлдырауы**. экон. *Құнды қағаздар бағасының түсуі.*

**БАҒАМДА**= ет. **1.** *Шамалау, пайымдау.* **2.** *Бағалау, тексеру.*

**БАҒАМДАУ** *Бағамда етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒАМДЫ** сын. *Бағытты, бағдарлы, мақсатты.*

**БАҒАМДЫҚ** сын. экон. *Бағамға қатысты, бағамға тән.*

**Бағамдық айырма**. экон. *Ұлттық валютаның шетелдік валютаға шаққандағы бағамының өзгеру кезіндегі айырмадан пайда болатын сома.* **Бағамдық кесте**. экон. *Құнды қағаздардың сатып алынатын, сатылатын бағасының кестесі.*

**БАҒАН**[1] зат. *Бағана, діңгек.*

**БАҒАН**[2] зат. этн. *Баған өрнек.*

**БАҒАНА**[1] зат. **1.** *Жерге тігінен орнатылған жуан әрі ұзын діңгек.* **2.** көне. *Басы аша түрінде келетін үйдің тіреуі.* **3.** *Құрылыстағы белағаш, сілеге.* **4.** ауыс. *Басты өкілі, тірегі, негізгі белгісі.*

**БАҒАНА**[2] зат. терм. <лат. columna> *Бірінің жанына бірі тігінен жазылған мәтін, графа, кейбір компьютерлік бағдарламалардың электрондық кестеліріндегі тік жолдары.*

**БАҒАНА**[3] зат. сөйл. ***Бақана.***

**БАҒАНА**[4] зат. жерг. *Қаракөл қозының терісі.*

**БАҒАНА**[5] үст. *Әлгі бір кезде, жаңағы бір әзірде.*

**БАҒАНАҒЫ** сын. *Әлгі бір кездегі, бұдан бұрынғы.*

**БАҒАНАҒЫДАЙ** сын. *Әлгі бір кездегідей, бұдан бұрынғыдай.*

**БАҒАНАДАЙ** сын. *Бағана сияқты, бағана тәрізді.*

**БАҒАНАДАН** үст. *Әлгі бір кезден.*

**БАҒАНАЛЫ**[1] сын. *Бағанасы бар, тіреулі.*

**Бағаналы басылым әдісі.** полигр. *Кітапты мәтінін бағаналарға жазу арқылы басып шығаратын әдіс.* **Бағаналы тат**. ауылшар. *Өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтарында паразит саңырауқұлақтар спораларының қалдырған қызғылт сары түсті дақтары.* **Бағаналы терек**. а) *Діңі берік, жуан ағаш.* ә) бот. *Тамырынан ұшар басына дейін діңінде бүйірлеп өскен бұтақтары болмайтын, кәделік терек ағашының бір түрі.*

**БАҒАНАЛЫ**[2] үст. сөйл. ***Бағанадан.***

**БАҒАНАЛЫҚ** сын. *Бағаналардан тұратын.*

**БАҒАНАМА** зат. <нем. Preiskurant> экон. *Сатудағы барлық тауардың, өнімдердің, қызмет түрлерінің бағалары көрсетілген анықтағыш, бағатізбе (прейскурант).*

**БАҒАНАРАЛЫҚ** сын. құр. *Құрылыстағы белағаш бағандардың арасын бекітетін (материал).*

**БАҒАНАСЫЗ** сын. *Бағанасы жоқ.*

**БАҒАНАША** зат. тех. *Сұйық немесе газ түріндегі заттарды ағызуға арналған құрылғының кішкене түрі немесе құраушы бөлігі.*

**БАҒАНАШЫҚ** зат. сөйл. ***Бағанаша.***

**БАҒАН-ВЕКТОР** зат. мат. *Бір ғана бағаннан тұратын вектор.*

**БАҒАНДАЙ** сын. *Баған сияқты, баған тәрізді.*

**БАҒАНДАП: бағандап қалау**. құр. *Құрылыстағы тасты, кірпішті қалаудың түрі.*

**БАҒАНДЫ** сын. құр. *Бағаны бар, бағандардан тұратын.*

**Бағанды қасбет**. құр. *Құрылыс ғимаратының бағаналардан тұратын қасбеті.*

**БАҒАНЖАРҒЫШ** зат. тех. *Бұрғылау ісінде қолданылатын, тас жаруға арналған құрал.*

**БАҒАНӨРНЕК** зат. этн. *Қазақ ою-өрнектерінің өте жиі қолданылатын түрлерінің бірі.*

**БАҒАН-ТОР** зат. стат. *Екі көлденең сызықпен шектелген бағаналардың кестесі.*

**БАҒАНША[1]** зат. *Кішкене, шағын баған, бағана тәрізді тіреулер.*

**БАҒАНША[2]** үст. *Баған секілді, бағанға ұқсап.*

**БАҒАР[1]** зат. жерг. *Тоқылған қап.*

**БАҒАР[2]: бағар көбейсін**. тілек. *Мал басы, бағатын мал мол болсын.*

**БАҒАРА** [ир. بهاره] зат. кәс. *Көктемгі егін, қолдан суармайтын дақыл.*

**БАҒАРЫМ** зат. сөйл. ***Бағирам.***

**БАҒАСЫЗ** сын. **1**. *Бағасы қойылмаған, бағасы жоқ.* **2**. ауыс. *Арзан, татымсыз, маңызсыз, мәнсіз.* **3**. ауыс. *Аса қымбат, баға жетпес.*

**БАҒАСЫЗДЫҚ** зат. *Бағаның төмендігі, құнсыздық.*

**БАҒАТ** зат. өс. *Тамыры қалың шөптесін өсімдік атауы.*

**БАҒАТІЗБЕ** зат. ***Бағанама.***

**БАҒБАН** [ир. باغبان] зат. *Бау-бақша күтуші, баптаушы.*

**Бағбан пышақ**. кәс. *Бау-бақша жұмыстарына арналған пышақ түрі.*

**БАҒБАНДЫҚ** зат. *Бағбан кәсіпшілігі.*

**Бағбандық кооператив.** *Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым.*

**БАҒБАНШЫ** зат. *Бауды күтуші, бау өсіруші, баптаушы.*

**БАҒБАНШЫЛЫҚ** зат. *Бағбандықпен айналысушылық.*

**БАҒБИ=** ет. сөйл. ***Бағжи.***

**БАҒДА: бағда біреу**. сөйл. *Бағзы біреу, кейбіреу.*

**БАҒДАГЕР** зат. сөйл. *Тәрбиеші, баптаушы.*

**БАҒДАЙЛА=** ет. ескікіт. *Барла, бағдарла.*

**БАҒДАР[1]** зат. <нем. Marschrute> **1**. *Бағыт, беталыс, алдын ала белгіленген жол.* **2**. ауыс. *Ағым, сарын.*

**БАҒДАР[2]** зат. **1**. *Қандай да бір бағыттан адасып қалмау үшін жол сілтейтін белгі.* **2**. терм. <лат. orientis> *Тұрған орынды, жүру бағытын, нысананы анықтауға көмектесетін белгі.* **3**. мат. *Геометриялық негізгі ұғым.* **4**. әск. *Бақыланатын жердегі жақсы көрінетін және қоршаған ортадан ерекшеленіп тұратын зат немесе бедер элементі.* **5**. ауыс. *Уақыт шамасы, мөлшер.* **6**. *Шама-шарық, деңгей.*

**Бағдар көрсеткіш**. тех. *Бағыт, бағдарды анықтайтын құрал.* **Бағдар ұстаушы**. спорт. *Кеме жарыстарында басқару тұтқасын ұстаушы.*

**БАҒДАР[3]** зат. **1**. зерг. *Әшекей бұйымдарға салынатын ою, өрнек, бедер.* **2**. зерг. *Алтын, күмістен жасалған бұйымды өрнектеп, әшекейлеу үшін оның оймышталған бетіне жалатылатын күміс, мыс, қорғасын, күкірт қоспасынан әзірленген қара түсті қорытпа.* **3**. геогр. ***Бедер.***

**БАҒДАР=** ет. жерг. *Бағындыру.*

**БАҒДАР-БАҒЫТ** зат. *Ұстанған көзқарас, беталыс.*

**БАҒДАР-БАЯН** зат. *Белгіленген ұстаным, жол, соған байланысты қалыптасқан жағдай.*

**БАҒДАР-БЕЛГІ** зат. *Қозғалыс бағытын немесе мақсатты нысананы табуға көмектесетін белгі, нысана.*

**Бағдар-белгі беруші авиациялық бомба**. әск. *Түтін немесе пиротехникалық арнайы құралдармен жабдықталған, түрлі әскери тапсырмалардың орнын белгілеу үшін қызмет ететін бомба түрі.*

**БАҒДАРҒЫ** зат. машинажас. <лат. orientis> *Қандай да бір құрылғы жұмысының бағдарын анықтаушы құрал (ориентир).*

**БАҒДАРЖОЛ** зат. инф. *Есептеу жүйелерінде түйінді компьютер мен терминалдарының арасындағы мәліметтерді жеткізу жолы, компьютер мониторындағы көрсеткі.*

**БАҒДАРЛА[1]=** ет. **1**. *Бағытты анықтау, беталысын нақтылау.* **2**. геогр. <франц. orientation> *Бақылаушының өзі тұрған жерін айналасына, көкжиек тұстарына және жер бедері элементтерінің кейбір өзгешеліктері сияқты бағдарларға қарап анықтауы.* **3**. инф. *Мәлімет жеткізу кезінде өзара байланысқан желілік компьютерлер арасындағы ең ыңғайлы, әрі тиімді бағытты анықтау.* **4**. тех. *Космостық ұшу аппаратының аспан денелерімен немесе кеңістіктегі басқа да белгіленген бағыттармен салыстырғандағы бұрыштық қалпын анықтау, бақылау.* **5**. ауыс. *Байқау, аңғару, анықтау.*

**БАҒДАРЛА[2]=** ет. зерг. *Өрнектеу, ою салу.*

**БАҒДАРЛА[3]=** ет. жерг. *Қарау, көру, бақылау.*

**БАҒДАРЛАҒЫШ** сын. *Бағыттағыш, сезгіш.*

**Бағдарлағыш медуза**. зоол. *Қолшатыр сияқты, қоймалжыңданған денелі, қармалауыш талшықтары бар теңіз жануарының бір түрі.*

**БАҒДАРЛАМА** зат. <грек. programma> **1**. *Қандай да бір мақсатқа жету, іс-шараны жүзеге асырудың бағыт-бағдары, жоба-жоспары.* **2**. қоғ.-саяси. *Белгілі бір саяси партиялар мен жеке немесе соны тұлғалардың, саяси ұйымдардың әрекетінің мазмұны мен мақсатын баяндайтын құжат.* **3**. пед. *Оқу пәнінің қысқаша тұжырымдамасы.* **4**. *Белгілі бір шараларды өткізудің жоспарын, тәртібін бекітетін құжат.* **5**. *Концерттік, цирктік, радио= және теледидар, қойылымдардың мазмұны немесе солардың аталуы.* **6**. инф. *Электр есептеуіш мәшинелер мен компьютерлерге берілетін қимыл жоспары, бағдарламалау тілінде берілген амалдарды орындау алгоритмінің сипаттамасы.*

**Бағдарлама жүктеу.** инф. *Бағдарламаны сыртқы жадтан негізгі жадқа жазу.* **Бағдарламалар дестесі** инф. *Персоналды компьютердегі бағдарламалар жинағы.* **Бағдарлама тақырыбы.** инф. <ағыл. program header> *Бағдарламаның жүктелу форматының алғашқы адрестерінде орналасқан және осы бағдарламаны басқаруға қажетті қызметші мәліметтерді қамтитын бағдарламаның бір бөлігі.*

**БАҒДАРЛАМАЛА=** ет. терм. **1**. *Белгілі бір шараларды өткізудің жоспары, тәртібін бекіту.* **2**. инф. *Есептерді электр есептеуіш мәшинесінде шешу үшін кезектесе орындалатын тапсырмалар тізбегіне келтіру жүйесі.* **3**. экон. *Қоғамдық өндірісті дамытатын басым бағыттарға сүйенген шаруашылық бағдарламалар негізінде экономиканы жүргізу жолы.*

**БАҒДАРЛАМАЛАУ[1]** зат. инф. *Электр есептеуіш мәшинелерге бағдарламалар жасау тәсілдері мен оларды жөндеуді, жетілдіруді зерттейтін ақпараттану (информатика ) ғылымының бір саласы.*

**БАҒДАРЛАМАЛАУ[2]** *Бағдарламала етістігінің қимыл атауы.*

**Бағдарламалау жүйесі**. инф. *Электр есептеуіш мәшинелердегі бағдарламалау процесін жүргізуге көмектесетін базалық бағдарламалық жабдықтаманың бір бөлігі.* **Бағдарламалау тілі**. инф. *Алгоритмдерді электронды есептеуіш мәшинелерге түсінікті мәтін ретінде жазуға арналған қарапайым жасанды тіл.*

**БАҒДАРЛАМАЛЫ** сын. *Бағдарлама арқылы жасалған немесе басқарылатын, бағдарламасы бар.*

**Бағдарламалы басқару**. машинажас. *Мәшине, механизмдердің немесе басқа да құрылғылардың жұмысын алдын ала жасалған электр есептеуіш мәшинелерге қондырылған тапсырмалар тізбегі (алгоритмі) бойынша басқару.*

**БАҒДАРЛАМАЛЫҚ** сын. *Бағдарламалы; жобаланған.*

**Бағдарламалық бірлік**. инф. <ағыл. program unit> *Бағдарламаның жеке дайындалған бөлігі – бағдарлама тілінің сөйлемі (оператор, команда).* **Бағдарламалық жабдықтама**. инф. *Электресептеуіш мәшинелердің автоматты түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалармен нұсқаулар жиынтығы.* **Бағдарламалық жабдықтар**. инф. *Бағдарламалық жабдықтама.* **Бағдарламалық интерфейс.** инф. *Бағдарламаларды байланыстыратын мәліметтік сипаттамалар жиынтығы.* **Бағдарламалық қарыз**. экон. *Қандай да бір экономикалық және т. б. дамытушы шараларды жүзеге асыру мақсатында бір ел үкіметінің немесе бас қаржы банктерінің халықаралық қаржы ұйымдарынан алатын қарызы.*

**БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-МАҚСАТТЫҚ** сын. *Белгілі бір мақсатқа қарай жоспарланып бағдарланған, соған қарай орындау реті белгіленген.*

**Бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру**. экон. *Белгілі бір әлеуметтік-экономикалық міндеттерді жүзеге асыру үшін ақшалай қаражатты белгіленген бағдарламаға сәйкес жүйелі түрде бөлу.*

**БАҒДАРЛАМАШЫ** зат. инф. *Электресептеуіш мәшинесінің жұмыс істеу бағдарламасын құрастырушы мамандық иесі.*

**БАҒДАРЛАН=** ет. **1**. *Бағыттың анықталуы, беталыстың нақтылануы.* **2**. *Бағыттану, арналу, бейімделу.*

**Бағдарланбайтын бет**. геом. *Бағдарлауға болмайтын геометриялық фигуралар (бет).*

**БАҒДАРЛАНУ[1]** зат. әск. *Әскери бағыныштыларға жоғары басшылық тарапынан берілетін міндеттер мен іс-қимылды жүргізу, құралдарды пайдалану туралы ақпарат.*

**БАҒДАРЛАНУ[2]** *Бағдарлан етістігінің қимыл атауы; бағытталу.*

**БАҒДАРЛАС** сын. **1**. тех. *Бағдары бір, бағыттас.* **2**. ауыс. *Жанашыр, тұрмыс тіршілігі бір.*

**БАҒДАРЛАС=** ет. сөйл. *Жөн сұрасу, амандық білісу.*

**БАҒДАРЛАСТЫҚ** зат. *Келісушілік, пікір жақындығы, бағыттастық, ұқсастық.*

**БАҒДАРЛАСТЫР=** ет. *Бағыттастыру, сәйкестендіру.*

**БАҒДАРЛАСТЫРУ** *Бағдарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒДАРЛАТ=** ет. *Бағытын білдіру, беталысын көрсету, айқындату.*

**БАҒДАРЛАТУ** *Бағдарлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒДАРЛАУ**[1] *Бағдарла етістігінің қимыл атауы.*

**Бағдарлау датчигі**. тех. *Бақылау, белгілеу көрсеткісі.* **Бағдарлау рефлекстері**. биол. *Тірі ағзалардың бағыт-бағдар белгілейтін рефлексі.* **Бағдарлау спорты**. спорт. *Жарыс жолы, мәре мен жол бойындағы бағдарлау пункттері жарыс картасында көрсетіліп, белгілене өткізілетін спорт ойындарының бір түрі.*

**БАҒДАРЛАУ**[2] зерг. *Бағдарла*[2] *етістінің қимыл атауы; ою-өрнек салу, бедерлеу.*

**БАҒДАРЛАУШЫ** зат. *Шолушы, бағыт көрсетуші.*

**БАҒДАРЛАУЫШ** зат. инф. *Есептеу желісінде компьютерлер арасындағы ең қысқа бағытты анықтап, сол арқылы ақпарат жеткізетін компьютер және оның бағдарламалары.*

**БАҒДАРЛЫ**[1] сын. тех. *Бағдары бар, бағыты белгіленген.*

**Бағдарлы автобус**. көлік. *Белгіленген бағыт бойынша жүретін жолаушылар таситын көлік.* **Бағдарлы көлік**. *Арнайы желілер бойынша бағыты анықталып қойылған жүк немесе жолаушылар таситын көлік.* **Бағдарлы снаряд**. әск. *Алдын ала белгіленген траекторияға (бағдарға), арнаулы нысанаға жіберілетін ұшқышсыз соғыс аппараттары.* **Бағдарлы такси**. көлік. *Белгілі желілер бойынша жолаушылар мен жүк тасымалдауға пайдаланылатын және таксометр көрсетуі бойынша ақы алатын автомобиль.*

**БАҒДАРЛЫ**[2] сын. қоғ.-саяси. <лат. orientis> **1**. *Белгілі бір мамандыққа бағытталған.* **2**. ауыс. *Байсалды, ұстамды.*

**Бағдарлы құн**. экон. *Өнімнің, қызмет түрінің немесе тауардың алдын ала болжанған құны.* **Бағдарлы сөз**. *Үлгілі, өнегелі сөз.*

**БАҒДАРЛЫ**[3] сын. зерг. *Оюлы, өрнекті.*

**БАҒДАРНАМА** зат. *Жол бағытын көрсететін белгі.*

**БАҒДАРСЫЗ** сын. **1**. *Бағытсыз.* **2**. ауыс. *Белгісіз, түсініксіз, ретсіз, орынсыз.*

**БАҒДАРСЫЗДАН=** ет. *Өздігінен бағдар бағытынан айырылу.*

**БАҒДАРСЫЗДАНДЫР=** ет. *Бағдар бағытынан айыру.*

**БАҒДАРСЫЗДАНДЫРУ** *Бағдарсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒДАРСЫЗДАНУ** *Бағдарсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒДАРСЫЗДЫҚ** зат. <франц. desorientation> **1**. қоғ.-саяси. *Қандай да бір нақты мүддеге апаратын, нақты мақсатқа жеткізетін бағыттан айырылу немесе қате жолмен кету.* **2**. мед. *Барлау қасиетінен айырылу, дезориентация.* **3**. ауыс. *Ретсіздік, жүйесіздік.*

**БАҒДАРТҚЫШ** зат. машина жас. *Түрпаты шығыңқы болып келіп итеру арқылы қандай да бір механизмдерді іске қосатын мәшиненің құрамдас бөлігі.*

**Бағдартқыш механизм**. тех. *Бағдартқыштардың итеру қызметі арқылы іске қосылып, жұмыс істейтін механизмі.*

**БАҒДАРША** зат. *Жол сілтеуші, бағдар көрсетуші.*

**БАҒДАРШАМ** зат. көлік. *Көлік пен жолаушылардың қозғалуын жарықпен белгі беру арқылы реттейтін, жолдың жанына орнатылған құрылғы, шам.*

**Бағдаршам діңгегі**. тех. *Бағдаршамның көздері орнатылатын тік бағанасы.* **Бағдаршам қалпақшасы**. тех. *Бағдаршам көздерін су тиюден қорғау үшін жасалған күнқағар формалы шамдарының үстінен орнатылған шығыңқы бөлігі.*

**БАҒДАРШЫ** зат. **1**. *Жол нұсқаушы.* **2**. ауыс. *Бағыт сілтеуші, жөн көрсетуші.*

**БАҒДАРШЫЛ** сын. *Байқағыш, аңғарғыш.*

**БАҒДЫНДА** үст. ескікіт. *Ретінде, жөнінде.*

**БАҒДЫР** зат. сөйл. *Бағдар, бедер, ою-өрнек.*

**БАҒЖАҢ** елік. *Кенет шошынғаннан, ашуланғаннан алақ ете қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бағжаң етті**. *Көзі алақ ете түсті, шошына жалт қарады.*

**БАҒЖАҢ-БАҒЖАҢ** елік. *Қайта-қайта алақ-жұлақ етіп қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бағжаң-бағжаң етті [қарады]**. *Көзін бағжаңдатты, алақ-жұлақ етіп жаутаңдады.*

**БАҒЖАҢДА=** ет. *Бағжаң-бағжаң ету.*

**БАҒЖАҢДАУ** *Бағжаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЖИ=** ет. **1**. *Көз алмай тесірею, көзі адырайып кету.* **2**. ауыс. *Қоюлану, көз талдыру.*

**БАҒЖИТ=** ет. *Адырайту, тесірейту.*

**БАҒЖИТУ** *Бағжит етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЖИЮ** *Бағжи етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЖЫРАҢ** елік. сөйл. ***Бағжаң.***

**БАҒЗАМА** зат. сөйл. *Пайдаланылған кір суы, жуынды.*

**БАҒЗОР** [ир.+ар. بی حذر] үст. жерг. *Алаңсыз, бейғам, көңілде ештеңе жоқ.*

**БАҒЗЫ**[1] [ар. بعض] зат. *Кейбір, қайсыбір, бірқатар, бірсыпыра.*

**БАҒЗЫ**[2] үст. *Бұрынғы, баяғы.*

**Бағзы [баяғы] заман.** *Ежелгі уақыт, көне заман.*

**БАҒЗЫДА** үст. *Кейде, кейбір кезде.*

**БАҒЗЫЛЫҚ** зат. филос. *Байырғылық, көнелік.*

**БАҒИ** үст. сөйл. *Мәңгілік, бақи.*

**БАҒИРАМ** [ар. باغ ایران] зат. тар. ***Ирамбақ*** *(көне замандағы парсы патшасының жер бетіндегі жұмаққа ұқсатам деген мақсатпен салған бағы).*

**БАҒЛА=** ет. ескікіт. *Намаз оқыған кезде қолды айқастырып ұстау, байлау.*

**БАҒЛАН**[1] зат. *Марқадан жетілген, кепеге жетпеген қойдың төлі.*

**Бағлан қозы.** *Ерте туған семіз қозы.*

**БАҒЛАН**[2] зат. көне. қоғ.-саяси. **1**. *Қоғамның қандай да бір бөлігінің немесе тобының іріктеулі, жоғары санаттағы өкілдері.* **2**. *Қазақ қоғамында ертеден қалыптасқан ауқатты әлеуметтік топ өкілінің баласы.* **3**. ауыс. *Игі жақсы, елден озған адам.*

**Бағлан жігіт.** *Жас жігіт.*

**БАҒЛАН**[3] [ор. баклан] зат. сөйл. ***Суқұзғын.***

**БАҒЛАНДАЙ** сын. *Бағлан тәрізді, бағлан сияқты.*

**Бағландай болды**. *Толықсыды, жетілді.*

**БАҒЛАНДЫҚ** зат. *Ақсүйектік биік мәртебеге сай ауқатты күйге, байлыққа үйренгендік.*

**БАҒУ** *Бақ етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒУ-ҚАҒУ** зат. сөйл. *Күтім, бағым.*

**БАҒУЛЫ** сын. **1**. *Бағып-қағулы, күтімі жақсы.* **2**. ауыс. *Күзетулі, аңдулы.*

**БАҒУСЫЗ** сын. **1**. *Бақташысыз, иесіз, күтусіз.* **2**. *Тәрбиесіз бетімен кеткен, тәлім-тәрбие көрмеген.*

**БАҒУСЫЗ: бағусыз дерт**. *Ем қонбайтын ауру.*

**БАҒУСЫЗ-ҚАҒУСЫЗ** сын. *Қараусыз, күтусіз.*

**БАҒУШЫ** зат. **1**. *Мал күтуші, бақташы.* **2**. *Қарт адамдарға, жас балаға не ауру адамға қызмет көрсетуші, күтіп, қараушы.* **3**. *Аңдушы, сырттан бақылаушы.*

**БАҒЫ: бағы заман**. сөйл. ***Баяғы заман.***

**БАҒЫДА** үст. сөйл. ***Баяғыда.***

**БАҒЫЗДА** үст. сөйл. ***Бағзыда.***

**БАҒЫЛ=** ет. *Малдың, жануардың күтілуі, қаралып, өсірілуі.*

**БАҒЫЛАУ** сын. *Ертеден келе жатқан; көнелеу, байырғылау.*

**БАҒЫЛУ** *Бағыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫМ** зат. **1**. *Күтім.* **2**. *Малшының күтіміндегі мал.* **3**. ауыс. *Шара, дауа.*

**Бағым жоқ**. *Тәрбиелеуден, түзеуден кеткен; сенім жоқ деген мағынада.*

**БАҒЫМ-КҮТІМ** зат. *Бағымы мен күтімі.*

**БАҒЫН** зат. сөйл. ***Бағым.***

**Бағын болды**. *Бағынды, бас иді, көндікті.* **Бағын мал**. сөйл. *Бағынға қосылған мал, бағылатын мал.*

**БАҒЫН=** ет. **1**. *Айтқанға көну, мойынсұну.* **2**. *Бас ию, табыну.* **3**. саяси. *Қол астына қарау, саяси бағынышты болу.* **4**. *Қарасты болу, басқаруында болу, билігін мойындау.*

**БАҒЫНДЫҚ: бағындық жер**. кәс. *Малды бағуға, өріске шығаруға арналған жер.*

**БАҒЫНДЫР=** ет. **1**. *Көндіру, мойынсұндыру.* **2**. саяси. *Бағынышты ету, қол астына алу, саяси дербестігінен айыру.* **3**. ауыс. *Арнау, күшін жұмсау.* **4**. ауыс. *Игеру, меңгеру, тұтынуға икемдеу, пайдалану.*

**БАҒЫНДЫРҒЫШ** сын. **1**. *Көндіргіш.* **2**. ауыс. *Баурап алғыш, тартымды.*

**БАҒЫНДЫРУ** *Бағындыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫНДЫРУШЫ** зат. **1**. *Еркіне көндіруші, мойынсұндырушы.* **2**. *Билеп-төстеуші, өзіне тәуелді етуші.*

**БАҒЫНДЫРЫЛ=** ет. *Ырқына көндірілу, мойынсұндырылу.*

**БАҒЫНДЫРЫЛУ** *Бағындырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫНТ=** ет. *Бағындыру, тәуелді қылдыру.*

**БАҒЫНУ** *Бағын етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫНУЛЫ** сын. *Бағынышты, еркінде.*

**БАҒЫНУШЫ** сын. **1**. *Біреудің айтқанына көнуші.* **2**. *Тәуелді, өз еркі жоқ, бағынышты.*

**БАҒЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Тәуелділік, басиюшілік, мойынсұнушылық.*

**БАҒЫНЫҢҚЫ** сын. **1**. *Тәуелді, бағынышты.* **2**. *Басты емес, қосалқы, көмекші.*

**Бағыныңқы арна**. тех. <ағыл. subchannel> *Қандай да бір операцияларды орындау үшін қажетті көп жүйелі күрделі арнаның бір бөлігі.* **Бағыныңқы бағдарлама**. инф. <лат. subprogram> *Электр есептеуіш мәшинелер мен компьютерлерге берілетін қимыл жоспарының жүйесі ішіндегі бір жүйені құрап тұрған кіші бөлігі.* **Бағыныңқы сөйлем**. лингв. *Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағынышты сыңары.*

**БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ** сын. *Бағынышты, тәуелді.*

**БАҒЫНЫП-ЖАҒЫНУ** ет. жағымсыз. *Жақсы көрінуге тырысу, жағымпаздану.*

**БАҒЫНЫС** зат. құқық. *Бағыныштылық, қарастылық.*

**БАҒЫНЫССЫЗ** сын. сөйл. ***Бағыныш-сыз***.

**БАҒЫНЫСТЫ** сын. *Бағынышты, қарасты, тәуелді.*

**БАҒЫНЫШ** зат. *Тәуелді болушылық.*

**БАҒЫНЫШСЫЗ** сын. *Тәуелсіз, ерікті.*

**БАҒЫНЫШСЫЗДЫҚ** зат. *Дербестік, тәуелсіздік.*

**БАҒЫНЫШТЫ** сын. **1**. *Біреуге бағынатын немесе бірдеменің қарауында болатын.* **2**. саяси. *Бас еркі жоқ, тәуелді.*

**БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ** зат. **1**. *Бағынышты болушылық, тәуелділік.* **2**. ресми. *Қарастылық, құзырында болушылық.*

**БАҒЫП-ҚҮТ**= ет. **1**. *Өсіру, қарау.* **2.** *Асырау, қамқорлық көрсету.*

**БАҒЫП-ҚҮТУ** *Бағып-күт етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫП-ҚҮТУШІ** зат. **1.** *Бағушы, күтуші, бақташы.* **2.** сөйл. *Тәрбиелеуші, қамқорлық етуші.*

**БАҒЫП-ҚАҒУ** *Бағып-қақ етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫП-ҚАҚ**= ет. **1.** *Малды күту, бағу.* **2.** *Асырау, тәрбиелеп өсіру.*

**БАҒЫП-ҚАҚҚАНСУ** *Бағып-қаққансы етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫП-ҚАҚҚАНСЫ**= ет. *Асырағансу, тәрбиелегенсу.*

**БАҒЫРА: бағырасы ашылды.** ескікіт. *Бақ қонды, бағы ашылды, бақытқа кенелді.*

**БАҒЫРЛАЙ** зат. бот. *Аласа, құрақ тәрізді шөп.*

**БАҒЫС**= ет. *Қарасу, күтісу.*

**БАҒЫСТА**[1]= ет. сөйл. ***Бағышта.***

**БАҒЫСТА**[2]= ет. жерг. *Қадірле, ардақта, құрметте.*

**БАҒЫСТАН** [ир. باغستان ] зат. поэт. *Бау-бақшалы өлке, жасыл аймақ.*

**БАҒЫСТАН**= ет. сөйл. *Бағышталу, арналу.*

**БАҒЫСТАНУ** *Бағыстан етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫСТАУ** *Бағыста етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫСУ** *Бағыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫТ**[1] зат. **1**. *Беталыс, бағдар, жөн.* **2.** *Жол желісі.* **3.** саяси. *Жеке тұлғаның, ұжым не саяси-әлеуметтік топтың ұстанған даму бағдары, ағым.* **4**. *Тармақ, тарау, сала.* **5.** *Тәсіл, амал.*

**Бағыт алды**. *Жолға түсті, бағытталды, қандай да бір тірлікті бастады.* **Бағыт беруші**. *Бағыт көрсетіп, жол сілтеуші, бағыттаушы.* **Бағыт бұрышы**. көлік. *Көлік қозғалысы бағытының қандай да бір нысанға қатысты бұрышы.* **Бағыт көрсетті.** *Жолға салды; жөн сілтеді.* **Бағыт меңгергі**. машина жас. *Техникалық қондырғы, құрал, көлікті бағыттаушы қызмет атқаратын құрылымдық бөлік.* **Бағыт сілтеді [берді]**. *Бағыт көрсетті, жол сілтеді, бағыттады.* **Бағыттар өрісі**. мат. *Әртүрлі бағыттардың әрекеттік кеңістігі.* **Бағыт ұсталды [көзделді]**. *Бағыт алды, жолға түсті, бағытталды.* **Бағытын түзуледі.** *Бетін түзеді, бағытын туралады.*

**БАҒЫТ**[2] зат. жерг. ***Уақыт.***

**БАҒЫТ-БАҒДАР** зат. *Жөн-жосық, меже, белгілі бір істі орындаудағы бағыт, беталыс.*

**БАҒЫТСЫЗ** үст. *Бағдарсыз, босқа, бекерге.*

**БАҒЫТТА**= ет. **1**. *Белгілі бір жаққа бетін бұру, белгілі бір бағытқа жіберу, сілтеу, нұсқау.* **2**. әск. *Нақты бағдарын белгілеу арқылы әскери техниканы немесе қарулы күштерді басқару түрі.* **3.** ауыс. *Жөнге салу, қадағалау, бақылау.*

**Бағыттай бұрғылау**. кен. *Арнаулы бағыттағыш қондырғылар арқылы белгіленген бағытпен (азимутпен) ұңғы жасау.*

**БАҒЫТТАҒЫШ** зат. тех. *Қандай да бір техникалық аппараттың қозғалатын құрылымдарын бағыттаушы құрамдас бөлігі.*

**БАҒЫТТАЛ**= ет. **1.** *Бағдарлану, бет алу.* **2.** *Арналу.*

**Бағытталған антенна**. тех. *Сәуле шығарып бір немесе бірнеше белгіленген бағыттан сигнал қабылдауға арналған қондырғы.*

**БАҒЫТТАЛУ** *Бағыттал етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫТТАМА** зат. көлік. *Көлік қозғалысын реттеп отыру үшін жол үстіне, жол шеті бағаналарына салынатын бағыт нұсқаушы шартты белгі.*

**БАҒЫТТАМАЛЫҚ: бағыттамалық қисық**. көлік. *Көлік қозғалысын реттеп отыру үшін жол үстіне, жол шеті бағаналарына салынатын бағыт нұсқаушы шартты белгілердің бір түрі.* **Бағыттамалық нұсқағыш**. көлік. *Бір ғана бағыт көрсетуші таңбадан тұратын жол нұсқағыш.*

**БАҒЫТТАН**= ет. *Белгілі бір жаққа, жөнге бағдарлану.*

**Бағыттанбайтын бет**. мат. *Математикада қасиеттері жағынан бағыттанатын кеңістікке қарама-қарсы қойылатын ұғым.*

**БАҒЫТТАНБАУШЫЛЫҚ** зат. матем. *Бағыттанбайтын беттің басты белгісі.*

**БАҒЫТТАНУ** *Бағыттан етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫТТАС** сын. **1**. *Бағыты бір.* **2.** ауыс. *Мақсаты ортақ.*

**Бағыттас жел**. спорт. *Спортшының жылдамдығын анықтауда қажетті фактор болып табылатын қозғалыс бағытына параллель бағыттағы жел.*

**БАҒЫТТАСТЫҚ** зат. *Бағыты ортақтық.*

**БАҒЫТТАУ** *Бағытта етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫТТАУШЫ** зат. **1**. *Бағыт беруші, бағыт көрсетуші құрал.* **2.** әск. *Әскери бөлімшелер мен мәшинелердің қозғалысын көрсетілген бағытпен алып жүретін әскери қызметшілер, бөлімшелермен мәшинелер.* **3.** ауыс. *Жөн сілтеуші, бағыт беруші.*

**Бағыттаушы қауырсындар**. биол. *Бұлқын; құстардың руль қызметін атқаратын қауырсындары.*

**БАҒЫТТАУЫШ** сын. **1.** *Бағыт білдіруші, жол көрсетуші (құралға қатысты).* **2.** *Бағыттауыш белгісі бар.*

**БАҒЫТТЫ** сын. *Бағыты бар, бағыт алған.*

**Бағытты эрозия**. геогр. *Тұрақты арнада ағып жатқан судың сол арнадағы тау жыныстары бөлшектерін шайып әкетуі.*

**БАҒЫТТЫҚ** сын. *Бағытты көрсететін, белгілейтін.*

**Бағыттық қағаз**. *Көліктің жүк тасымалдау немесе жолаушы тасымалдау бағыты бекітілген құжат.*

**БАҒЫТТЫЛЫҚ** зат. *Қандай да бір нысанаға бағытталғандық; бағыты барлық.*

**БАҒЫТШАМ** зат. көлік. *Автокөліктің жарықтандырғыш шамы, фара.*

**БАҒЫТШЫ** зат. *Бағыт сілтеуші.*

**БАҒЫШ**[1]**: бағыш етті [қылды]**. *Бағыштады, арнады.*

**БАҒЫШ**[2]**: бағыш етті**. жерг. *Меншіктеді, иемденді.*

**БАҒЫШЛА**= ет. ескікіт. ***Бағышта***[1].

**БАҒЫШЛАН**= ет. сөйл. ***Бағыштал.***

**БАҒЫШЛАТ**= ет. сөйл. *Арнату, бағдарлату.*

**БАҒЫШЛАУ** *Бағышла етістігінен жасалған қимыл атауы.*

**БАҒЫШТА**= ет. сөйл. **1**. ***Бағытта***. **2.** *Арнау, бағыш ету.*

**БАҒЫШТАЛ**= ет. сөйл. *Арналу, бағытталу.*

**БАҒЫШТАЛУ** *Бағыштал етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫШТАТ**= ет. сөйл. *Арнату, бағыттау.*

**БАҒЫШТАТУ** *Бағыштат етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫШТАУ** *Бағышта етістігінің қимыл атауы.*

**БАҒЫШТЫ** сын. *Арналған, тән.*

**БАД: бад ықыраж.** ескікіт. *Салық, алым-салық.*

**БАДА**[1] [ир. پاده ] зат. көне. *Бір жерге топтап бағылатын жеке меншік сиыр малы; пада.*

**БАДА**[2] [ир. باده] зат. көне. *Ішімдік, шарап.*

**БАДА**[3] зат. *Жерге қағылған ағаш қада.*

**Бада болды**. *Жоқ болды, құрыды, жоғалды.*

**БАДА**[4] сын. жерг. *Мол, көп, шашылып-төгілген.*

**БАДАҒАТ** зат. ескікіт. *Жаңашылдық, жаңалық.*

**БАДАҚ** зат. жерг. *Жарып салған саржан ағаш, отындық ағаш.*

**БАДАЛ**[1] зат. *Ұйысып өскен қалың бұта; ағаш шоғыры.*

**БАДАЛ**[2] зат. *Жүзі, сырты.*

**БАДАЛ**[3] зат. жерг. *Өгізге, атқа жегіп, жер жыртатын соқаның тісі, тіс темірі.*

**БАДАЛ**= ет. *Қозғалмай бір орнында қақшиып қалу.*

**БАДАЛАН**= ет. *Қауызын жару, ақ ұлпалану.*

**БАДАЛАНУ** *Бадалан етістігінің қимыл атауы.*

**БАДАЛ-БАДАЛ** сын. *Шоғыр-шоғыр.*

**БАДАЛҒЫР**= ет. қарғ. *Омалып бір жерден шықпағыр!*

**БАДАЛУ** *Бадал етістігінің қимыл атауы.*

**БАДАЛЫҚ: бір бадалық**. этн. халықты қөлшем. *Мол, көп, молынан жетерлік.*

**БАДАМ**[1] [ир. بادام] зат. **1**. бот. <лат. amygdalus> *Раушангүлдер тұқымдасы ішіндегі жаңғақ жемісті өсімдіктерге жататын жеміс ағашы, сол ағаштың жемісі.* **2**. геол. *Минералды заттардың секрециясының (қуыстарда шоғырлануының) бір түрі.*

**Бадам дәні [тұқымы]**. бот. *Бадам өсімдігінің жемісі, жаңғағы.* **Бадам қабақ**. поэт. *Шығыңқылау, дөңес қабақ.* **Бадам майы**. мед. *Құрамында майлар, амигдалин деген гликозид, циниль қышқылы және бензин альдегиді бар бадам өсімдігінен жасалған емдік май.* **Бадам шай**. *Бадам өсімдігінен жасалған шай.*

**БАДАМ**[2] үст. жерг. *Аулақ, алыс.*

**БАДАМША**[1] зат. бот. <лат. amygdalus spinosissima> *Бадам ағашының қалың тікенді түрі.*

**БАДАМША**[2] зат. анат.<лат. tonsillae> *Мұрын, жұтқыншақ, ауыз қуысының аралықтарында орналасқан бездер.*

**Бадамша без.** анат. *Таңдай мен көмейдің екі жағында орналасқан бадам жаңғағына ұқсас қос без.* **Бадамша безді суықпен тілу**. мед. *Криотонзиллотомия; тонзиллитті медициналық емдеу тәсілі.* **Бадамша безінің қабынуы**. мед. *Тонзиллит.* **Бадамша дене**. биол. *Кейбір шартсыз рефлекстердің жүзеге асуына жа-*

*уап беретін көру бөлігінің жанында орналасқан мидың сұр, заттық ядросы.*

**БАДАМША**[3] сын. экспр. *Домаланған, толық.*

**БАДАМШАЛЫ** сын. *Бадамша ағашы аралас өскен (жер), бадамшасы бар.*

**БАДАМШИЕ** зат. өс. <лат. cerfsus> *Раушангүлдер тұқымдасына жататын ұсақ жемісті, тікенекті ағаш.*

**БАДАН**[1] зат. өс. <лат. bergenia crassifolia> *Жапырағы мен тамыры тері өңдеуде қолданылатын көпжылдық шөптектес өсімдік.*

**Бадан туысы**. бот. <лат. bergenia moench> *Ботаникалық таптастыру бойынша бадан сияқты көпжылдық шөптектес өсімдік түрлерінің тобы.*

**БАДАН**[2] зат. көне. *Дене, тұлға; бәден.*

**БАДАНА**[1] зат. көне. *Батырлардың соғыста киетін қорғаныс киімі, темір сауыт.*

**Бадана көз**. *Бадырайған үлкен, дөңгелек көз.* **Бадана көзді.** этн. *Батырлар киетін сауыттар мен ер-тұрман әбзелдеріне салынған әшекейлі тастар не құйып жасалған металл көзшелері бар.* **Бадана көзді кіреуке [ақсауыт]**. этн. *Шығыршықтарының тесігі үлкендеу, кең көз кіреуке түрі.* **Бадана көз жүзік**. этн. зерг. *Көзіне қондырған асыл тасы бадананың жемісіндей қомақты, әсем сақина.* **Бадана көз сауыт.** көне. этн. *Әшекейлі тастар не құйып жасалған металл көзшелері бар сауыт.*

**БАДАНА**[2] зат. **1.** бот. <лат. bulbus> *Жерге түйін тастап өсетін өсімдіктің пиязшығы, жуашығы.* **2.** ауыс. *Шаштың, түктің әрбір талының түбі, түйнек.*

**Бадана бас [дән]**. *Пісіп жетілген, толық, ірі дән.*

**БАДАНА**[3] зат. өс. <лат. phaseolus vulgaris> *Бұршақ тұқымдастарына жататын, биіктігі алпыс сантиметрге дейін жететін, бақшада өсірілетін біржылдық шөптесін өсімдіктің түрі.*

**БАДАНА**[4] зат. сөйл. ***Бадам***[1].

**БАДАНА**[5] зат. сөйл. ***Бадынақ***.

**БАДАНАДАЙ** сын. **1**. *Ірі, пісіп жарылайын деп тұрған, үлкен (дән).* **2**. ауыс. *Бақырайған, бадырайған.*

**БАДАНАДАЙ-БАДАНАДАЙ** сын. *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.*

**БАДАНАҚ** зат. сөйл. ***Бадынақ***.

**БАДАНАЛЫ** сын. **1.** *Түйін тастап өсетін; пиязшықты, бадана тәрізді, түйінді.*

**Баданалы арамшөптер**. ауылшар. *Түйін тастап өсетін арамшөптер.* **Баданалы өсімдіктер**. бот. *Баданалары, яғни түйін тастау арқылы өсіп-өнетін лалагүлділер мен амариллистер тұқымдасына жататын өсімдіктер тобы.* **Баданалы қоңырбас**. бот. <лат. poa bulbosa> *Жабайы өсетін жемшөп дақылы.*

**БАДАНАЛЫ** сын. *Баданасы бар.*

**Баданалы көбе.** этн. *Сауыт көбесінің баданаға ұқсас түрі.*

**БАДАНАША** зат. биол. *Түйін тастап өсетін өсімдіктердің кішкене тамыры, пиязшығы.*

**БАДАНДАЙ** сын. сөйл. ***Баданадай***.

**БАДАНША** зат. *Уақ дәндер, түйіршіктер.*

**БАДАПҰРЫШ** [ир. باده فروش] зат. *Шарапшы, шарап сатушы.*

**БАДАУИШЫЛДЫҚ** зат. тар. *XIII ғасырда өмір сүрген араб сопысы әл-Бадауи негізін салған сопылық мектеп.*

**БАДАШЫ** зат. *Сиыр бағушы.*

**БАДБАХЫТ** [ир. بد بخت] сын. ескікіт. **1.** *Арсыз.* **2.** ауыс. *Бақытсыз.*

**БАДБАҚ** зат. ескікіт. ***Бадбахыт***.

**БАДҒАТ** [ир. بغداد] зат. көне. *Құдай берген, Алла сыйлаған.*

**БАДИЯН** зат. бот. **1**. *Өңдеуден кейін азықтық және басқа да қажеттерге қолданылатын өсімдік.* **2**. *Бадиян өсімдігінен алынған тамақтық зат (ұнтақ).*

**БАДМИНТОН** зат. спорт. **1.** *Ракеткалармен шашақты допты қарама-қарсы ұрып ойнайтын спорт түрі.* **2.** *Бадминтон спортына керекті құралдар.*

**БАДМИНТОНШЫ** зат. спорт. *Бадминтонмен шұғылданушы, бадминтон ойнаушы.*

**БАДНАМ** [ир. بدنام] сын. көне. *Масқара болған, масқараланған, абыройсыз, жаманатты.*

**БАДРАҚШАМ** зат. зоол. *Тұқытіс тұқымдастарына жататын балық түрі.*

**БАДРАП** зат. археол. *Қоқыс тастайтын шұңқырлардың археологиялық арнайы атауы.*

**БАДЫҚ**[1] зат. діни. көне. *Жаратушы, Тәңірі.*

**БАДЫҚ**[2] сын. *Таңқаларлық, ғажап, жарқын, тамаша, басым.*

**БАДЫНА**= ет. кәс. егіншар. *Жүгерінің не бидайдың қуырылған кездегі бөртуі, іріленуі, жарылуы.*

**БАДЫНАҚ** зат. кәс. егіншар. *Қауызынан тазартып қуырғандағы жарылған, жүгері не арпаның үлкен-үлкен дәндері.*

**БАДЫРАЙ**= ет. **1**. *Көзі үлкею, адыраю.* **2.** ауыс. *Анық көріну, айқындалу.* **3**. ауыс. *Батпандап бойына жайылып, сіңіп кету.*

**Бадырайып бетке басылды**. *Қанша жасырсаң да білініп қалды, көрініп тұрды.* **Бадырайып көзге түсті**. *Айқын білінді, анық көрінді.*

**БАДЫРАЙТ**= ет. **1.** *Ақшырайту, бақырайту, көзін үлкейту.* **2**. ауыс. *Анық, ашық көрсету.*

**Бадырайтып [бетке] айтты**. *Көңіліне қарамай көзінше айтты, жасырмай барлығын жайып салды.* **Бадырайтып көзге шұқу**. *Бетіне басып айтқыштау, қателігін жөнсіз есіне сала беру.*

**БАДЫРАЙТҚЫЗ**= ет. *Бақырайтқызу, ақшырайтқызу.*

**БАДЫРАЙТҚЫЗУ** *Бадырайтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАДЫРАЙТУ** *Бадырайт етістігінің қимыл атауы.*

**БАДЫРАЙТЫП** үст. *Көрнекті етіп, анықтап, айқындап.*

**БАДЫРАҚ**[1] зат. сөйл. ***Бадынақ***.

**БАДЫРАҚ**[2] зат. сөйл. ***Батырақ***.

**БАДЫРАҚ**[3]**: бадырақ көз**. *Сыртына шығыңқы, бақырайған үлкен көз.*

**БАДЫРАҚКӨЗ** зат. мед. <грек. exo – сыртқы, ophtalmos – көз> *Көздің ұясынан сыртқа ығысуы түріндегі ауру, экзофтальм.*

**БАДЫРАҚТА**= ет. кәс. *Қауызын жару; ақ бадыраққа айналу.*

**БАДЫРАҚТАН**= ет. кәс. *Қауызы жарылу, ісіну.*

**БАДЫРАҚТАНУ** *Бадырақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БАДЫРАҚТАУ**[1] *Бадырақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАДЫРАҚТАУ**[2] сын. *Үлкендеу, томпақтау.*

**БАДЫРАН** зат. жерг. ***Қияр***.

**БАДЫРАНДАЙ** сын. жерг. *Бадыран сияқты, бадыран тәрізді.*

**БАДЫРАҢ: бадыраң көз.** сөйл. ***Бадырақ көз***.

**БАДЫРАЮ** *Бадырай етістігінің қимыл атауы.*

**БАДЬЯ** зат. кәс. *Шахталар мен құдықтардан көмір, су тарту үшін ағаш не металдан жасалған үлкен, бүйірлі шелек.*

**БАДЬЯН** [франц. badiane] зат. өс. сөйл. ***Андызағаш***.

**БАДЯГА** ор. зат. бот. <лат. spongillidae> *Губкалар отрядына жататын тұщы суда тіршілік етіп, су түбіндегі заттарға жабысып өсетін, биіктігі бір метрдей балдыр өсімдік.*

**БАЖ**[1] [ир. باج] зат. экон. **1.** *Мемлекеттер арасындағы экспорт үшін алынатын ақшалай салық.* **2.** *Белгілі бір көрсеткен қызметі үшін азаматтардан, мекемелерден және ұйымдардан мемлекеттің алатын алымы.* **3.** *Орта ғасырлардан бері жолды, шабындықты, көпірді, порт ғимараттарын және т.б. пайдаланғаны үшін мемлекеттің, қалалар мен жекелеген феодалдардың алатын алым-салығы.*

**БАЖ**[2]**: баж алды**. *Тояттады, ләззат алды.*

**БАЖ**[3]**: баж берді**. *Мән берді, зер салды.*

**БАЖ** елік. *Ауырсығаннан, шошығаннан кенет шыққан қатысты дауысты бейнелейтін сөз.*

**Баж ете қалды.** *Қарсыласа кетті, қарсылық білдірді.* **Баж етті**. *Кенеттен қатты дауыс шығарды, бақырып жіберді.*

**БАЖА**[1] зат. *Бірге туған қыздарға немесе ағайынды кісілердің қыздарына үйленген ер адамдар.*

**БАЖА**[2] сын. *Орынды, келісті, сәйкес, ретті, жөнді.*

**БАЖАЙ: бажайына келтірді**. *Нәшіне келтірді.*

**БАЖАЙ: бажай қылды**. *Өтеді, атқарды.*

**БАЖАЙЛА**= ет. **1**. *Байыптау, түсіну.* **2.** *Аңғару, байқау.*

**БАЖАЙЛАН**= ет. *Байыпталу, тұжырымдалу.*

**БАЖАЙЛАНУ** *Бажайлан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАЙЛАС**= ет. *Байыптасу, пысықтасу.*

**БАЖАЙЛАСУ** *Бажайлас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАЙЛАТ**= ет. *Байыптату, ескерту.*

**БАЖАЙЛАТУ** *Бажайлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАЙЛАУ** *Бажайла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАЙЛЫ** сын. *Байыпты, байсалды.*

**БАЖАҚЫ** зат. жерг. *Асыл тастардың (маржан, меруерт, жақұт және т.б.) жинақтық ұғымы.*

**БАЖАЛАҚ** елік. *Дегбірсізденген, мазасызданған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бажалақ қақты**. *Өзін ұстай алмады, дегбірсізденді.*

**БАЖАЛАҚТА**= ет. *Қатты-қатты сөйлеу, бажылдап ұрысу.*

**БАЖАЛАҚТАУ** *Бажалақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАЛАҢ** елік. сөйл. ***Бажалақ***.

**Бажалаң қақты**. сөйл. ***Бажалақ қақты***.

**БАЖАЛАҢДА**= ет. сөйл. ***Бажалақта***.

**БАЖАЛАҢДАУ** *Бажалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖАҢ** елік. *Күйгелектеніп, мазасызданған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бажаң қақты**. *Күйіп пісті, бажылдады.*

**БАЖАҢ-БҰЖАҢ** елік. жағымсыз. *Баж- бұж еткен ащы дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бажаң-бұжаң етті**. *Бажылдады, баж-бұж етті.*

**БАЖ-БАЖ** елік. *Бажылдаған, баж-бұж еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Баж-баж етті**. а) *Бажалақ қағып ұрысты.* ә.) *Қатты дауыстады, шарылдады.*

**БАЖБАЛАҢ** е л і к. *Бажылдап ұрысқан, баж-баж еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бажбалаң қақты**. *Бажалақ қақты, бажылдап ұрысты.*

**БАЖБАНШЫ** з а т. ж е р г. *Күзетші, қорықшы.*

**БАЖБИ=** е т. с ө й л. ***Бағжи.***

**БАЖБИТ=** е т. *Бадырайту, бақырайту.*

**БАЖБИТУ** *Бажбит етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖБИЮ** *Бажби етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖ-БҰЖ** е л і к. *Бажылдаған, баж-бұж еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Баж-бұж етті**. *Шаң-шұң шығарды, қатты-қатты сөйледі.*

**БАЖБЫҚ** с ы н. *Сығыр, қысық.*

**БАЖГЕР** з а т. к ө н е. *Баж жинаушы, салықшы.*

**БАЖДИ=** е т. ж е р г. ***Бағжи.***

**БАЖДИЮ** *Бажди етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖСЫЗ** с ы н. **1.** т е р м. *Баж салығы төленбеген.* **2.** *Баж жоқ.*

**Бажсыз әкелім**. э к о н. *Баж салығы төленбейтін сырттан әкелінген тауар немесе өнім.* **Бажсыз сауда.** э к о н. *Елге кеден бажын (салығын, алымын) төлемей әкелінген тауарлармен, құндылықтармен және өзгедей заттармен жасалатын сауда.*

**БАЖХАНА** з а т. с ө й л. ***Бажыхана.***

**БАЖЫ** з а т. к ө н е. *Таңба, белгі.*

**БАЖЫ=** е т. ж е р г. *Алжи бастау.*

**БАЖЫЛ** з а т. *Қатты дауыс, бажылдаған үн. // Бажылдап үре беретін, шәуілдек.*

**Бажыл қақты**. *Зар қақсады, безек қақты, бажылдады.*

**БАЖЫЛА=** е т. ж е р г. *Баж салығын (зекет, садақаны да ) жинау.*

**БАЖЫЛАУ** *Бажыла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫЛДА=** е т. **1.** *Баж-баж ету, бажалаң қағу.* **2.** *Гүрілдеу, гүжілдеу.*

**БАЖЫЛДАҚ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. **1**. *Бажылдауық, ащы (дауысқа қатысты).* **2.** а у ы с. *Ұрысқақ.*

**БАЖЫЛДАС=** е т. ж а ғ ы м с ы з. *Баж-баж етісу.*

**БАЖЫЛДАСУ** *Бажылдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫЛДАТ=** е т. *Баж-бұж еткізу, ызылдату.*

**БАЖЫЛДАТҚЫЗ=** е т. *Баж-бұж еткізіру, бажалаңдатқызу.*

**БАЖЫЛДАТҚЫЗУ** *Бажылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫЛДАТУ** *Бажылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫЛДАУ** *Бажылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫЛДАУЫҚ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. **1.** *Бажылдап үрсе беретін.* **2.** а у ы с. э к с п р. *Шиқылдауық.*

**БАЖЫНА=** е т. ж е р г. *Топшылау, байымдау, түю.*

**БАЖЫР** с ы н. *Бажырақ, бажырайған.*

**БАЖЫРАЙ=** е т. **1.** *Бақыраю, бағжию.* **2.** а у ы с. *Бадырайып, өрескел көріну.*

**БАЖЫРАЙТ=** е т. *Бақырайту, бадырайту.*

**БАЖЫРАЙТУ** *Бажырайт етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫРАЙЫС=** е т. *Бақырайысу, бадырайысу.*

**БАЖЫРАЙЫСУ** *Бажырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫРАҚ: бажырақ көз.** с ө й л. ***Бадырақ көз.***

**БАЖЫРАҢ** е л і к. *Бақырайып, бағжиып қараған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бажырақ етті**. *Бағжаң етті, бақырайды.*

**БАЖЫРАҢДА=** е т. с ө й л. ***Бағжаңда.***

**БАЖЫРАҢДАТ=** е т. с ө й л. *Ақшыраңдату, бадыраңдату.*

**БАЖЫРАҢДАТУ** *Бажыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫРАҢДАУ** *Бажыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫРАЮ** *Бажырай етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫРЛА=** е т. ж е р г. *Безек қағу, сарнау.*

**БАЖЫРЛАУ** *Бажырла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЖЫХАНА** [ир. باجخانه] з а т. к ө н е. *Баж салығын алатын орын, мекеме, кеден.*

**БАЗ[1]** [ир. باز ]з а т. **1.** *Малға арналып салынған үлкен қора.* **2.** с ө й л. ***База[1]****(қойма).* **3**. *Ас су, азық-түлік сақтайтын шұңқыр я үй асты.*

**БАЗ[2]** з а т. *Қаршыға.*

**БАЗ[3]** з а т. ж е р г. *Дымқыл, ылғал жер.*

**БАЗ[4]** [ир. باز] с ы н. *Ержүрек, батыр (азамат).*

**БАЗ[5]** с ы н. *Нәрлі, дәмді, құнарлы (тағамға қатысты).*

**БАЗ[6]** ү с т. *Жаңа, жаңадан, қайта, қайтадан, қайыра.*

**БАЗ[7]: баз баяғы**. с ө й л. ***Бәз баяғы.***

**Баз қалпы**. с ө й л. ***Бәз қалпы.*** **Баз біреу.** *Кейбіреу, кез келген тосын адам.* **Баз бір жерде.** *Кей жерде.* **Баз бір**. *Қандай да, қай бір, кейбір.*

**БАЗ[8]: баз кешті**. а ) *Түңілді, күдер үзді.* ә ) *Жеріді.* б ) *Ажалға душар болды, өлді.*

**БАЗА[1]** [франц. base] з а т. **1.** *Түрлі заттар сақталатын арнаулы орын, қойма.* **2**. *Белгілі бір нәрсемен қамтамасыз етіп отыратын мекеме, ұйым.* **3.** *Белгілі бір топтағы адамдардың саяхат, жұмыс уақытындағы тірек орны.* **4.** *Жаңадан салынып, құрылып жатқан елді мекеннің алғашқы негізі.* **5.** ә с к. *Әскер, қару-жарақ орналастырылған, арнайы жабдықталған аумақ.* **6.** *Орын, орталық.* **7.** а у ы с. *Негіз.* **8.** а у ы с. *Қор.*

**БАЗА[2]** з а т. қ ұ р. *Бағананың немесе пилястр мен анттың, тағы басқаларының ұстап тұратын төменгі бөлігі, етегі.*

**БАЗА[3]** з а т. т е х. *Көп осьті автомобиль, трактор, тіркеме сияқты доңғалақты көлік мәшинелерінің алдыңғы және артқы осьтерінің арақашықтығы.*

**БАЗАЛИОМА** з а т. м е д. *Тері ісігінің бір түрі.*

**БАЗАЛЫҚ** с ы н. *Негізгі, базасын құрайтын.*

**Базалық авиация**. ә с к. *Белгілі бір базасы, тұрақтау орны бар әскери авиация.* **Базалық білім**. п е д. *Белгілі бір мамандық, ғылым саласы бойынша меңгерілуге қажетті негізгі білім жүйесі, мемлекеттің азаматтарына міндетті түрде берілетін бастауыш, орта білім жүйесі.* **Базалық жад**. и н ф. <ағыл. conventional memory> *Екінші бір жүйеге қызмет ететін компьютерлік бағдарлама жадының негізгі бөлігі.* **Базалық компьютер**. и н ф. <ағыл. base computer> *Электрондық есептеуіш мәшинелер тобындағы негізгі, алғашқы компьютер.*

**БАЗАЛЬТ** [лат. basaltes] з а т. м и н. *Құрамына құм араласқан, қара түсті, су өткізбейтін берік магмалық тау жынысы; керіш.*

**БАЗАЛЬТТЫҚ** с ы н. г е о л. *Құрамында базальты бар, базальт араласқан.*

**Базальттық қабат**. г е о л. *Жер қыртысының бір қабаты.*

**БАЗАР** [ир. بازار] з а т. **1.** *Арнайы алаңдарда орналасқан еркін сауда-саттық жайы, орны.* **2.** *Маусымдық немесе мереке алдындағы саудалар.* **3**. а у ы с. *Қызық дәурен, той-думан.* **4.** а у ы с. *Қызыққа толы орын.* **5.** а у ы с. *Бір нәрсенің орны, ордасы.*

**Базар алаңы**. *Сауда-саттық жүретін базардың арнайы ашық жері, тұрған орны.* **Базар бастығы**. *Базардың басқарушысы, базарнай.* **Базарға салу**. *Көпке көрсету, бұлдау.* **Базарға түсті.** *Тәуекелге бел буды, талқыға, сайысқа салынды.* **Базар жасады**. *У-шу, азан-қазанға айналдырды.* **Базары өтті**. *Қызығы артта қалды, жас кезі өтіп кетті.* **Базары тарқады [тарады]**. а ) *Жастық күші мен қуаты солғындады, жастығы өтті.* ә ) *Қызығы қалмады, берері азайды.*

**БАЗАРДАЙ** с ы н. *Базар сияқты, базар тәрізді.*

**БАЗАРКЕН** з а т. к ө н е. **1.** *Кент, қала.* **2.** *Үлкен базар, жәрмеңке.*

**БАЗАРКЕШ** [ир. بازار کش] с ы н. с ө й л. ***Базаршы.***

**БАЗАР-КҮЛКІ** з а т. *Ойын-сауық, думан.*

**БАЗАРҚАН** з а т. к ө н е. **1.** *Саудагер.* **2.** *Базар басы*

**БАЗАРҚЫ** с ы н. к ө н е. *Базар белгілейтін, базар бойынша анықталатын (бағаға қатысты).*

**БАЗАРЛА=** е т. **1.** *Сауда жасап, керек-жарағын алу.* **2.** а у ы с. *Бұлдау, жоғары бағамен сату.*

**БАЗАРЛАУ** *Базарла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЗАРЛЫ** с ы н. **1**. *Базары бар.* **2.** а у ы с. *Құнды; қадірлі, сыйлы.* **3**. а у ы с. *Қызықты, думанды.*

**Базарлы болды**. *Жоғары бағамен сатылды.* **Базарлы дәурен.** *Өмірдің қызық-думанға толы кезеңі.*

**БАЗАРЛЫҚ** з а т. э т н. *Қалашының өз үйіне, ауыл адамдарына алып келген сый бұйымдары, сыйлығы.*

**БАЗАРНАЙ** з а т. к ө н е. *Базар басқарушы.*

**БАЗАРСЫЗ** с ы н. **1**. *Базары жоқ (жер).* **2.** а у ы с. *Қуаныш-шаттығы жоқ, қызықсыз.*

**БАЗАРШЫ** з а т. *Базардан керек-жарағын алушы, қалашы.*

**Базаршыдан базарлық**. э т н. *Базаршылап келген немесе алыстан келген адамнан сыйлық алу дәстүрі.*

**БАЗАРШЫДАЙ** с ы н. *Базаршы сияқты, базаршы тәрізді.*

**БАЗАРШЫЛ** с ы н. *Базарға барғыш, базарлағанды жақсы көретін.*

**БАЗАРШЫЛА=** е т. *Базар аралап сауда жасау.*

**БАЗАРШЫЛАУ** *Базаршыла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЗАРШЫЛЫҚ** з а т. *Сауда жасаушылық.*

**БАЗАРЫ** с ы н. *Қолдан жасалған, шебердің қолынан шыққан, қайталанбас.*

**Базары етік.** э т н. *Сәнді, қымбат, бағалы етік.* **Базары тон**. э т н. *Әшекейленіп қолдан жасалған ерекше үлгідегі тон.*

**БАЗ-БАЗДА** ү с т. *Кейде, анда-санда, арасында, арагідік.*

**БАЗДА** з а т. к ә с. ж е р г. *Ағаш соқаның ұшындағы темірі.*

**БАЗДАН=** е т. *Иістеніп бүліну, жінігу.*

**БАЗДАНУ** *Баздан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЗЕД** з а т. м е д. *Қалқанша бездің гормонды көп бөлуінен пайда болатын ауру.*

**БАЗИДИОМИЦЕТ** з а т. б и о л. ***Базидиялы саңырауқұлақтар.***

**БАЗИДИЯ** зат. биол. *Базидиомицеттердің көбею мүшесі.*

**БАЗИДИЯЛЫ: базидиялы саңырауқұлақтар**. биол. <лат. basidiomysetes> *Айрықша көбею мүшесі – базидиялары бар жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар тобы.*

**БАЗИЛИК** [франц. basilic] зат. өс. *Эфир майын алу үшін немесе дәмдеуіш ретінде пайдаланылатын ерінгүлділер (балқурайлық) тұқымдасына жататын, оңтүстікте өсетін шала бұта, бұтасын өсімдік түрі.*

**БАЗИЛИКА** [грек. basilike] зат. құр. *Ішкі жақтары бағаналы қатармен немесе басқа да сәулет тіреулерімен бөлінген ғимарат.*

**БАЗИС** [грек. basis] зат. **1.** *Белгілі бір құбылыстың, нәрсенің негізі, негіздемесі.* **2.** экон. *Белгілі бір қоғамдық формацияға тән экономикалық құрылыс, өндірістік қатынастардың жиынтығы.* **3.** геодез. *Ұзындығы үлкен дәлдікпен өлшенген жер бетіндегі екі нүктенің арасын қосатын сызық (шамамен 8-15 км.).*

**БАЗИСТІК** сын. **1.** *Базиске тән, базиске қатысты.* **2.** *Негіз, тірек болатын.*

**Базистік баға**. экон. <ағыл. base price> *Жоспарлау мен статистикалық есепте негіз болып алынатын баға.* **Базистік валюта**. экон. *Басқа валюталардың құнын белгілеуге негіз болатын валюта.* **Базистік жыл**. экон. *Бағаның индексін айқындау кезінде негіз етіп алынатын жыл.*

**БАЗОФИЛИЯ** [грек. basis – негіз, phileo – сүю] зат. биол. ***Базофильділік.***

**БАЗОФИЛИЯЛЫҚ** сын. ***Базофильді.***

**БАЗОФИЛЬДЕР** зат. биол. *Жасуша цитоплазмасындағы түйіршіктері негіздік бояулармен боялатын торшалар.*

**БАЗОФИЛЬДІ** сын. *Базофильділік қасиеті бар.*

**Базофильді зат**. биол. *Жүйке жасушасының нейроцит цитоплазмасындағы негіздік бояулармен боялатын пішіні әр түрлі түйіршік денелер.*

**БАЗОФИЛЬДІЛІК** зат. биол. *Белгілі бір жасушалардың, мәселен, қан жасушаларының сілтілі бояулармен ғана боялу қабілеті.*

**БАЗУКА** [ағыл. bazooka] зат. әск. *Танкіге қарсы қолмен атуға ыңғайланған реактивті қару, гранатомет.*

**БАЗЫМ** зат. жерг. *Би.*

**БАЗЫНА[1]** зат. этн. *Сөзі өтетін, өзімсінген адамға айтатын наз, жеңіл өкпе.*

**Базына қылды [жасады]**. *Базынасын айтты, назын жеткізді.* **Базыналығы жүрмеді**. *Өзімсініп жасаған қолқасы өтпеді.* **Базына шарт.** этн. *Қолқа.*

**БАЗЫНА[2]** зат. сөйл. *Салт, әдет-ғұрып.*

**БАЗЫНАЛА=** ет. *Наз айту, базына айту.*

**БАЗЫНАЛАС** сын. этн. *Әзілі, назы жарасқан.*

**БАЗЫНАЛАУ** *Базынала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЗЫНАЛЫ** сын. этн. *Базынасы бар.*

**БАЗЫНАЛЫҚ** зат. *Базынасы болушылық.*

**Базыналық қылды.** *Өзімсінді, беті қайтпасына сенді.*

**БАЗЫНАЛЫҚТАЙ** сын. *Базыналық сияқты, базыналық түрінде.*

**БАЗЫНАТІС** зат. егіншар. көне. *Тісағаш, түрен.*

**БАЗЫНАШЫ** зат. *Базына айтушы.*

**БАЗЫНАШЫЛ** сын. *Базына айтқыш, наз айтқыш.*

**БАЗЫНАШЫЛДЫҚ** зат. этн. *Базына айтқыштық.*

**БАЙ[1]** зат. **1**. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі.* **2.** *Қазіргі қоғамдағы орта қол дәулетті немесе ауыр дәулетті әлеуметтік топ.*

**Бай бастас, батыр қандас, би құрақтас**. *Өзара пікірлес, теңдес деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Бай бетке қонды**. *Жайлы жерге қоныстанды деген мағынада.* **Бай болған бақырып бола ма екен**! сөйл. *Болған кісі өзін-өзі даурығып көрсете ме?* **Байдың құйыршығы**. жағымсыз. *Байдың жоғын жоқтаушы, байды жақтаушы.*

**БАЙ[2]** сын. **1**. *Көп, мол, жеткілікті.* **2.** *Толыққан, жетілген, дамыған.* **3.** *Дәулеті тасыған, әл-ауқатты, табысты.* **4.** ауыс. *Кең, ауқымды, үлкен.*

**БАЙ[3]** зат. сөйл. *Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, ері.*

**Байдан шыққан.** *Ажырасқан, бұрын түрмыста болған.* **Байдан шыққан әйелдей алаңы көп**. қарап. *Жоқсырауы, іздеуі көп деген мағынада қолданылады.* **Байы есіктен шықса, қатыны тесіктен шығады.** *Қыдырымпаз әйел туралы айтылады.*

**БАЙ[4]** зат. спорт. *Тоғыз құмалақ ойынындағы тастың атауы.*

**БАЙ[5]** зат. *Қытай Халық Республикасының Юньнан провинциясында тұратын халық.*

**БАЙА** зат. діни. *Бойсұнуға және бағынуға ант беру.*

**БАЙ-БАҒЛАН** зат. *Үстем тап өкілдері, байлар мен бағландар.*

**БАЙБАҒЫСТЫҚ** зат. конт. *Жалтақтық, жан-жағының ықпалынан шыға алмаушылық.*

**БАЙ-БАЙ** од. *Ренжіп, кейігенде не таңырқағанда айтылатын сөз.*

**Бай-бай күлкі**. *Жасанды, бояма күлкі.*

**БАЙБАЙ: байбай шағала**. зоол. *Өзен-көл, бетпақты және құрғақ жерлерде де кездесетін түзу тұмсықтылар тобына жататын шағала түрі.*

**БАЙБАЙЛА=** ет. *Байбалам салу, безек қағу, ойбайлау.*

**БАЙБАЙЛАТ=** ет. *Байбалам салдырту, ойбайлату.*

**БАЙБАЙЛАТУ** *Байбайлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙБАЙЛАУ** *Байбайла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙБАЙШЫЛ** сын. *Мазасыз, күйіп-пісіп байбалам салғыш.*

**БАЙБАҚ[1]** зат. зоол. *Кемірғіштер тұқымдасына жататын тышқан атауының бірі, балпақ.*

**БАЙБАҚ[2]** зат. жерг. тех. *Мәшине орағының ұшар басындағы темір.*

**БАЙБАЛАМ** зат. *Алдын ала қарсы болушылық, әбігерленушілік.*

**Байбалам салды**. а) *Бажалақтады, күйіп-пісіп безектеді.* ә) *Шу шығарды, шулатты.*

**БАЙБАЛАМДА=** ет. *Күйіп-пісіп, бажалақ қағу; шу-кеміс шығару.*

**БАЙБАЛАМДАУ** *Байбайламда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙБАЛАМСЫЗ** сын. *Айғай-ұйғайсыз, шу-керіссіз.*

**БАЙБАЛАМШЫЛ** сын. *Байбалам салғыш.*

**БАЙБАЛАМШЫЛДЫҚ** зат. *Болмашы нәрсеге ашуланушылық, жанжалшылдық сияқты ұнамсыз мінез-құлық сипаты.*

**БАЙБАТША** зат. *Бай баласы, мырза.*

**БАЙБАТШАДАЙ** сын. *Байбатша сияқты, байбатша тәрізді.*

**БАЙБАТШАЛЫҚ** сын. *Байбатшаға лайық, байбатшаға тән.*

**БАЙ-БӘЙБІШЕ** зат. *Бай мен бәйбіше.*

**БАЙ-БӨСІР** сын. сөйл. ***Көл-көсір.***

**БАЙҒАЗЫ** зат. этн. *Жаңа киімге не затқа беретін жоралғы (ақша, малдың төлі т.б.), ырым.*

**Байғазы берді**. этн. *Жаңа нәрсеге көрімдік ретінде сый берді.* **Байғазы сұрады**. этн. *Жаңа киген киімге т. б. нәрсеге құтты болсын ретінде сый сұрады.*

**БАЙҒАЗЫЛЫҚ** сын. этн. *Байғазы боларлық, байғазыға тұрарлық.*

**БАЙҒАТ[1]** зат. көне. *Тағзым, құрмет.*

**БАЙҒАТ[2]** зат. көне. *Ант, келісім.*

**БАЙҒҰЗ** зат. сөйл. ***Байғыз.***

**БАЙҒҰС[1]** [ар. بايقوش] зат. **1**. көне. *Жалшы, қызметші.* **2.** *Кедей, жарлы.*

**БАЙҒҰС[2]** сын. *Сорлы, бейшара, мүсәпір.*

**Байғұс басым**. *Бақытсыз, соры қалың, соры арылмаған басым.*

**БАЙҒҰСТАЙ** сын. *Байғұс сияқты, байғұс тәрізді.*

**БАЙҒҰСТАУ** сын. *Мүсәпірлеу, мүшкілдеу.*

**БАЙҒҰСТЫҚ** зат. *Мүсәпірлік, сорлылық.*

**БАЙҒҰТ: түн байғұт болсын**! тілек. *Ұйқы тыныш, түн бейбіт болсын.*

**БАЙҒҰТАН** зат. сөйл. *Иттің бір атауы.*

**БАЙҒҰШТАНЫП** үст. сөйл. экспр. *Сүмірейген түрде, байқұс сияқты.*

**БАЙҒЫЗ** [ир. بی خوش] зат. зоол. <лат. athene noctua> *Арқасы ақшыл дақты сарғылт, бауыры көмескі қоңыр жолақты, жапалақ тәрізділер отрядына жататын құс.*

**Байғыздың шақыруы**. *Байғыздың үн шығаруы.*

**БАЙҒЫЗДАЙ** сын. *Байғыз сияқты, байғыз тәрізді.*

**БАЙҒЫЗША[1]** зат. зоол. <лат. glaucidium passerinum> *Байғыздар түріне жататын, денесі кішілеу, Қазақстан жерінде кездесетін құс түрі.*

**БАЙҒЫЗША[2]** үст. *Байғыз тәрізді, байғызға ұқсап.*

**БАЙДАЙ** сын. *Бай сияқты, бай тәрізді.*

**БАЙДАКЕНДІР: теофаст байдакендірі**. өс. <лат. abutilon teophrasti medic> *Құлқайырлар тұқымдасына жататын биіктігі жиырма бес-жүз елу сантиметр, маусым-қыркүйек айларында гүлдеп, жемісі шілде-қазан айларында пісетін біржылдық шөптесін өсімдік.*

**БАЙДАЛЫ** сын. *Желбіреген, шашақты, мәртебелі.*

**БАЙДАНА** зат. бот. сөйл. ***Тасбеде.***

**БАЙДАРКА** ор. зат. *Су спортына және туризмге арналған жеңіл қайық.*

**Байдаркада есу**. спорт. *Есу спортының бір түрі.*

**БАЙДАРКАША** үст. *Байдарка секілді, байдаркаға ұқсап.*

**БАЙДАРКАШЫ** зат. *Байдарка есуші.*

**БАЙДЕРБІС** зат. кәс. жерг. *Қабығы ақ болатын тарының бір түрі.*

**БАЙЕКЕ** зат. экспр. **1.** *Байды құрметтеу, қошеметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Мысқыл, кекесін мәнінде байға қарата айтылатын атауыш.*

**БАЙЖАНДЫ** сын. қарап. *Еркекқұмар, қызғаншақ.*

**БАЙ-ЖАРЛЫ** зат. *Бай мен жарлы.*

**БАЙ-ЖУАН** зат. *Шонжар, феодал.*

**БАЙЗА** зат. ескікіт. *Қын.*

**БАЙРАМ[1]** зат. ескікіт. *Мереке, мейрам.*

**БАЙРАМ[2]** зат. ескікіт. *Бет-пішін, әлпет.*

**БАЙК** зат. тех. *Мотоциклдің қымбат түрі.*

**БАЙКА** [поляк. bajka] зат. тоқыма. *Жұмсақ түкті мақта-мата.*

**БАЙКАЛ: Байкал сасыршөбі.** өс. <лат. peucedanum baicalense> *Шатыршагүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, сасыршөптің бір түрі.*

**БАЙ-КЕДЕЙ** зат. *Бай мен кедей.*

**БАЙКЕР** зат. *Байк айдаушы.*

**БАЙ-КУЛАК** зат. совет. ***Бай-құлақ.***

**БАЙК-ШОУ** зат. *Байкерлердің қатысуымен өтетін шоу.*

**БАЙҚА**= ет. **1.** *Сезу, аңғару.* **2.** *Абайлау, сақтану.* **3.** *Бақылау, тексеру.* **4.** *Қарау, көру.*

**БАЙҚАҒЫШ** сын. **1.** *Абайлағыш, бірден таныгыш.* **2.** *Аңғарғыш, көреген, сезгіш.*

**БАЙҚАҒЫШТЫҚ** зат. *Сезімталдық, көрегендік.*

**БАЙҚАЛ**= ет. *Аңғарылу, сезілу, көріну.*

**БАЙҚАЛТ**= ет. *Аңғарту, білдірту.*

**БАЙҚАЛУ** *Байқал етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАЛЫН**= ет. *Біліну, сезілу, көріну.*

**БАЙҚАЛЫНУ** *Байқалын етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАМ** зат. *Аңғарым.*

**БАЙҚАМАЙ** үст. *Абайсызда, күтпеген жерден.*

**БАЙҚАМДЫҚ** зат. *Аңғарымдық сезгіштік, аңғарғыштық.*

**БАЙҚАМПАЗ** сын. *Аңғарғыш, сезгіш.*

**БАЙҚАМПАЗДЫҚ** зат. *Аңғарғыштық, сезгіштік.*

**БАЙҚАП-БАЙҚАП** үст. *Абайлап, сақтанып.*

**БАЙҚАП-БАРЛА**= ет. *Тыңшылық қылу, аңдып барлау.*

**БАЙҚАРЛЫҚ** сын. *Көрерлік, аңғарарлық.*

**БАЙҚАС**= ет. **1.** *Аңғарысу, сезісу.* **2.** *Бірге көру.* **3.** *Жарысқа түсіп, сынасу.*

**БАЙҚАСҚА** зат. саят. *Тұмсығының үстінде ақшыл дағы бар бүркіттер тобына жататын жыртқыш құс.*

**БАЙҚАС: байқас болды**. *Қарайласты, баскөз болды, жәрдемдесті.*

**БАЙҚАСТА**= ет. **1.** *Абайлап, байқап қарау.* **2.** *Аңғару, аңдап білу.*

**БАЙҚАСТАУ[1]** сын. *Сағырақ, абайырақ.*

**БАЙҚАСТАУ[2]** *Байқаста етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАСТЫР**= ет. *Ойластыру, салыстыру, аңғарттыру.*

**БАЙҚАСТЫРУ** *Байқастыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАСУ** *Байқас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАТ**= ет. **1**. *Сездірту, аңғарту, білдірту.* **2.** *Таныту, көрсету.*

**БАЙҚАТУ** *Байқат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАУ[1]** зат. <лат. concursus> **1.** *Өнер, ғылым, білім, сонымен бірге өндіріс салалары бойынша сынға түскен үміткерлерді немесе өндіріс бұйымдарын іріктеп бағалау үшін салтанатты түрде өтетін қоғамдық шара.* **2.** *Өнімнің сапасын тексеру үшін арнайы ұйымдастырылатын сынақ.* **3.** *Бақылап, сезіп, танып білгендердің нәтижесі.* **4.** филос. *Нысананың ерекшеліктері, әрекеті және т.б. сипаты мен қырлары анықталатын танымның негізгі тәсілдерінің бірі; тәжірибе мен сезім мүшелері арқылы алынған ақпарат негізінде ғылыми зерттеу жүргізудің бір әдісі.*

**Байқау әрекеті**. спорт. *Кейбір спорт түрлерінде спортшыға бірнеше рет берілетін шектеулі әрекеттер.* **Байқау санағы**. стат. *Негізгі халық санағы жүргізілмес бұрын өткізілетін дайындық санақ.* **Байқау терезесі**. әск. *Көру, бақылау терезесі.*

**БАЙҚАУ[2]** *Байқа етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙҚАУЛЫ** сын. *Аңғарымды, сақ.*

**БАЙҚАУСЫЗ** үст. **1.** *Білінбей, сезілмей.* **2.** *Аңдаусыз, абайсыз; бейқам.*

**БАЙҚАУСЫЗДА** үст. *Күтпеген жерден, кенеттен, абайсызда.*

**БАЙҚАУШЫ** зат. **1.** *Бақылап қараушы, зер салушы.* **2.** *Бақылаушы, сынап қараушы.*

**Байқаушы кеңес**. *Коммерциялық ұйымдардың жанынан құрылған сараптамалық бақылау, алқалық құрылым.*

**БАЙҚАУШЫЛЫҚ** сын. *Көңіл бөлгіштік, зер салғыштық.*

**БАЙҚАУЫНША** үст. *Аңғаруы бойынша, білуінше.*

**БАЙ-ҚҰЛАҚ** зат. тар. совет. *Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде үстем тап ретінде қаралған ауқатты, дәулетті әлеуметтік топ.*

**БАЙ-ҚҰЛАҚТАЙ** сын. тар. *Бай-құлақ сияқты, бай-құлақ тәрізді.*

**БАЙҚҰН** сын. жерг. ***Байғұс.***

**БАЙҚҰС** сын. сөйл. ***Байғұс.***

**БАЙҚҰТАН** зат. сөйл. ***Байғұтан.***

**БАЙҚЫТ** сын. жерг. *Тымық, тыныш.*

**БАЙЛА[1]**= ет. **1**. *Бір нәрсені бекіту.* **2**. *Малды жіп, арқанмен желіге, қазыққа т.б. бекіту.* **3.** *Тағу.* **4.** этн. *Саяттан қайтқанда тапқан олжасын сыйға тарту.* **5.** ауыс. *Сый қып беру, тарту ету.* **6.** ауыс. *Малды бордақылау, семірту.* **7.** ауыс. *Бір нәрсенің еркіне беру.* **8.** ауыс. *Шешімге келу, ой түю.* **9.** ауыс. *Шырмау, еркіне жібермеу.*

**БАЙЛА[2]**= ет. *Садақты, мылтықты көздеу, дәлдеу.*

**БАЙЛА[3]**= ет. кәс. *Түйін тастау, бас алу.*

**БАЙЛА[4]**= ет. құр. жерг. *Кірпішті, тасты, тағы басқа құрылыс заттарын қиюластырып салу.*

**БАЙЛАМ[1]** зат. **1.** *Шешім, тоқтам.* **2.** *Ойтүйін, байым.* **3.** ауыс. *Дәнекер, табыстырушы.*

**Байлам айтты.** *Сөз байласты, уәделесті.* **Байламға келді**. *Бір нәрсе істеуге бекінді, бел байлады, тоқтамға келді.* **Байлам жасады**. *Шешімге келді.*

**БАЙЛАМ[2]** зат. **1**. *Баудың бумасы, баулық.* **2.** *Біріктіріліп байланған зат, бума.*

**Байлам кесте**. тоқыма. *Матаның бетіне жіңішке таспа немесе баулардан салынатын кесте түрі.*

**БАЙЛАМ[3]** зат. анат. *Біріктіргіш тіндерден жасалған жекелеген сүйектер мен ағза мүшелерін біріктіретін тығыз құралымдар.*

**БАЙЛАМ[4]** зат. сөйл. ***Байланыс.***

**БАЙЛАМА[1]** зат. кәс. жерг. *Су ұстағыш бөгет.*

**БАЙЛАМА[2]** зат. этн. *Әйелдер басқа салатын шағын, жеңіл орамал, жаулық.*

**БАЙЛАМА[3]** сын. *Байлағыш, байлайтын.*

**Байлама білеу**. құр. *Кертілген қаламдықтарына басқа құрылыс бөренелері бекітілетін, оларды бір жерге байлап тұратын бөрене немесе баған.*

**БАЙЛАМДЫ[1]** сын. *Басты, шешуші.*

**БАЙЛАМДЫ[2]** сын. *Келісілген, уәделі.*

**БАЙЛАМСЫЗ** сын. *Тұрақсыз, берекесіз, түрлаусыз.*

**БАЙЛАН[1]**= ет. **1.** *Малдың жіп, арқанмен желіге, қазыққа т.б. бекітілуі.* **2.** *Тағыну.* **3.** ауыс. *Қатысты, байланысты болу, ырқынан шыға алмау, ырқында болу.* **4.** ауыс. *Тұтасу, бірігу.* **5.** ауыс. *Сый алу, иемдену.* **6.** ауыс. *Берілу, арналу.*

**Байланып алды**. *Айырылмай қойды, бауыр басып алды.* **Байланып қалғыр**. қарғ. *Тез келе қоймағанда айтылатын қарғыс.* **Байланып қалды**. *Мұқтаж болды, тәуелді болды.* **Байланып тұрды**. *Жанжал іздеді, тиісті.*

**БАЙЛАН[2]**= ет. *Көздеу, дәлдену.*

**БАЙЛАНУ** *Байлан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАНЫС** зат. **1.** *Қарым-қатынас, аралас.* **2.** *Әртүрлі техникалық құралдар арқылы ақпарат беру және қабылдау процесі.* **3.** *Хат-хабар, телефон, телеграф арқылы қатынас жасауды басқаратын орын, мекеме.* **4.** *Екі құбылыс не заттың бір-бірімен тәуелділік, бағыныштылық қатынасы.* **5.** әдеб. *Көркем шығармалардағы оқиға желісінің басталуына себеп болған жағдай.* **6.** филос. *Заттардың, құбылыстардың өзара әсер етуі мен қатынасынан пайда болатын объективті дүниенің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін ұғым.* **7.** хим. *Қоспа, түзіліс.*

**Байланыс арнасы**. тех. *Шеткі немесе аралық құралдарын қосқанда бір немесе бірнеше байланысты жүзеге асыратын, ақпарат беретін, қабылдайтын құрылғы, сигналдарды тарату орталығы.* **Байланыс арнасын иемдену.** инф. *Келешекте мәліметті жіберу мақсатымен компьютердің немесе терминалдың байланыс торабын иемдену әрекеті.* **Байланыс аумағы**. *Қатынас жасалатын аймақ.* **Байланыс әскері**. *Әскери құрамаларды басқару ісін жүйелі және шұғыл жүргізу үшін олардың арасындағы байланысты тұрақты қамтамасыз етуге тиіс арнаулы әскер түрі.* **Байланыс бағыты**. тех. *Байланысушы нүктелер арасындағы байланыстың бағдары.* **Байланыс байты.** инф. <ағыл. linkage byte> *Компьютерді пайдаланушының бағдарламасымен орындалатын екі байттың бірі.* **Байланыс бөлімшесі**. *Қатынас үшін қызмет ететін шағын пошта, бөлімше.* **Байланыс жасады**. *Қатынасты, хабарласты.* **Байланыс желісі**. тех. *Хабарлар алмасуға арналған және байланыс арналарымен жалғастырылған құрылғылар мен байланыс тораптарының жиынтығы.* **Байланыс жүйесі**. инф. <ағыл. communication system> *Ақпарат көзінен алушыға ақпаратты жеткізуді жүзеге асыратын таратқыш, қабылдағыш және байланыс арналарының жиынтығы.* **Байланыс кабелі**. тех. *Қуаты аз, төменгі және жоғары жиіліктегі электрлік және оптикалық сигналдардың көмегімен ақпаратты жеткізуге арналған сырты қапталған иілгіш металл сымдар мен түтіктер.* **Байланысқа түсті**. *Қарым-қатынас орнатты, жасасты.* **Байланыс құралдары**. тех. *Қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін құрылғы, жабдық, аспаптар т.б. техникалық құралдар жиынтығы.* **Байланыс қызметінің өнімі.** экон. *Пошта жөнелтімдерін немесе электрлі байланыс хабарларын қабылдау, өңдеу, табыстау және жеткізу.* **Байланыс орнатты**. *Қарым-қатынасқа жол ашты.* **Байланыс тарифі**. *Пошта, телефон, телеграф және радиобайланысы қызметі үшін алынатын төлемақы жүйесі.* **Байланыс торабы**. тех. а) *Телеграфтық, пошталық және т.б. ақпарат ағынын біріктіру мен бөлудегі байланыс желілерінің құрамдас бөлігі.* ә) *Елді мекенге, ұйымдар мен өндірістік кәсіпорындарға, мекемелерге түрлі байланыс қызметін көрсететін кәсіпорын.* **Байланыс энергиясы**. физ. *Атом, молекула, атом ядросы сияқты байланысқан жүйені құрайтын бөлшектерге бөлу және оларды бір-бірінен өзара әсер етпейтіндей*

*қашықтыққа алыстату үшін жұмсалатын энергия.*

**БАЙЛАНЫС**= ет. **1.** *Қатысу, араласу.* **2.** *Ұштасу, жалғасу, ұласу.* **3.** *Үйлесу, сәйкесу.* **4.** *Хабар алысу.* **5.** ауыс. *Жөнсіз ілінісу, ұстасып тиісу.*

**Байланысқан азот**. хим. *Басқа заттармен химиялық байланыстағы азот.* **Байланысқан контурлар.** физ. *Бір контурдағы электр тогының өзгерісі басқа контурда электр қозғаушы күштің пайда болуына әкелетін қасиеті бар электр контурлары.* **Байланысқан сел**. геол. *Селдің лайлы, тасты тасқынды түрі.* **Байланысқан су**. геол. *Таужыныстардың ұсақ бөлшектерінің сыртына жабысқан, олармен химиялық не физикалық байланыстағы жер асты суларының түрі.*

**БАЙЛАНЫСҚЫШ** сын. *Ілініс е бергіш, ұрысқақ, даукес.*

**БАЙЛАНЫССЫЗ** сын. **1.** *Қатысы, байланысы жоқ.* **2.** *Тәуелсіз, дербес.* **3.** ауыс. *Жүйесіз, бытыраңқы, шашыраңқы.*

**Байланыссыз пешка**. спорт. *Шахмат ойынында қорғаныс тастарынсыз қалған пешкалар.*

**БАЙЛАНЫССЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Байланысы жоқтық.* **2.** мед. <грек. dys – жоқ, – бей, лат. coordinatio – бірге, тәртіппен> *Адамның немесе жануардың физиологиялық негіздегі дене мүшелерінің үйлесімді қимылдауының бұзылуы түріндегі ауру.*

**БАЙЛАНЫСТЫ** сын. *Қатысты; сай, орай.*

**БАЙЛАНЫСТЫҚ** зат. *Тәуелділік, байлаулылық.*

**БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Байланысы барлық.* **2.** хим. *Басқа заттармен химиялық байланысу қасиеті.*

**БАЙЛАНЫСТЫР**= ет. **1.** *Қатынасу, байланыс орнату.* **2.** *Жалғастыру, ұштастыру.* **3.** *Қатыстыру, қарасты ету.*

**БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ** сын. *Біріктіргіш, қосқыш; дәнекер.*

**Байланыстырғыш заттар**. хим. *Екі затты бір-бірімен біріктіріп бекіту үшін қолданылатын заттектер.*

**БАЙЛАНЫСТЫРУ** *Байланыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ** сын. **1.** *Жалғастырушы, біріктіруші.* **2.** терм. *Екі бөлек құрылымды дәнекерлеуші, біріктіруші қызмет атқаратын, бірктіруші сипатты.*

**Байланыстырушы жүктеуіш.** инф. <ағыл. linking loader> *Сәйкес сыртқы сілтемелерді есептеп, объектілік модульдерден біртұтас жүктеуіш модульді қалыптастыратын жүктеуіш.* **Байланыстырушы процесс**. экон. *Басқаруды жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау мақсатындағы процесс.*

**БАЙЛАНЫСТЫРЫЛ**= ет. *Жалғастырылу, қатыстырылу.*

**БАЙЛАНЫСТЫРЫЛУ** *Байланыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАНЫСУ** *Байланыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАНЫСШЫ** зат. **1.** *Екі жаққа дәнекер болушы, селбестіруші.* **2.** әск. *Екі әскери нүкте арасында қатынасты орнатып, басқару ісін жүзеге асыруға себепкер болатын байланыс әскерінің қызметкері.*

**БАЙЛАНЫСШЫ-АГЕНТ** зат. әск. *Әскери байланыс қызметкері.*

**БАЙЛАП-МАТА**= ет. **1.** *Жіп, арқанмен шырмап бекіту.* **2.** ауыс. *Басын байлау; атастыру.*

**БАЙЛАП-МАТАУ** *Байлап-мата етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАП-ТАҢ**= ет. *Орап байлау, таңып бекіту.*

**БАЙЛАП-ТАҢУ** *Байлап-таң етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАР: байлар көбейсін**! этн. *Бие байлағанда айтылатын тілек.*

**БАЙЛАРМАН**= ет. этн. жерг. *Байлау.*

**БАЙЛАС**= ет. **1.** *Бірге орасу, бекітісу, таңысу.* **2.** ауыс. *Бірігіп шешімге келу.*

**БАЙЛАСТЫР**= ет. *Бекіттіру, ораттыру, түйістіру.*

**БАЙЛАСТЫРҒЫШ** сын. *Екі затты өзара ұстататын, бекітуге көмектесетін (затқа қатысты).*

**Байластырғыш материалдар**. құр. *Заттарды өзара бекітуге пайдаланылатын материалдар.*

**БАЙЛАСТЫРУ** *Байластыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАСТЫРУШЫ** сын. ***Байластырғыш.***

**БАЙЛАСТЫРУШЫ** зат. мед. *Тұтқыр дәрі құрамындағы зақымданған тері немесе сілемейлі қабықшаның үстінен қорғауыш қабық түзетін дәрілік зат.*

**БАЙЛАСЫЛ**= ет. *Келісілу, шарттасылу.*

**БАЙЛАСЫЛУ** *Байласыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАСУ**[1] *Байлас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАСУ**[2] ет. әск. *Нысанаға алып атысу.*

**БАЙЛАТ**= ет. **1.** *Буып-таңғызу, бекітіп тастату.* **2.** *Таққызу.*

**БАЙЛАТҚЫШ: сөз байлатқыш**. *Уәделескіш, сөз байласқыш.*

**БАЙЛАТТЫР**= ет. *Буып-таңғыздыру, бекіттіру.*

**БАЙЛАТТЫРУ** *Байлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАТУ** *Байлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЛАУ**[1] зат. **1.** *Бір нәрсені бекітетін жіп.* **2.** *Таңылған, байланған түйін.* **3.** *Мал байланатын жер, орын.* **4.** ауыс. *Бодан, қамау, тұтқын.*

**Байлау алды**. көне. этн. *Сауынға мал алды.*

**БАЙЛАУ**[2] зат. *Нысана.*

**БАЙЛАУ**[3] зат. **1.** *Байлам, тоқтам.* **2.** *Ресми шешім.*

**Байлау айтты**. *Шешімін шығарып, қорытындысын айтты.* **Байлау жоқ**. *Құбылмалы, тұрақсыз.* **Байлау қылды**. *Шешімге келді.* **Байлау сөз**. *Арбау сөз, дуал* **Байлауы жоқ нәрсе.** *Пайдасы жоқ, рақаты жоқ дүние, тірлік. ау сөз.* **Байлауын айтты.** *Шешімін, қорытындысын айтты.*

**БАЙЛАУ**[4] сын. *Орта дәулетті.*

**БАЙЛАУ**[5] *Байла етістігінің қимыл атауы.*

**Байлау түрі**. малшар. этн. *Малды арқан жіппен байлау әдісі.*

**БАЙЛАУ-БӘТУА** зат. сөйл. *Шешім, қорытынды, байлам.*

**БАЙЛАУ-ЖІП** зат. *Орайтын, буып-таңатын жіптер.*

**БАЙЛАУЛЫ** сын. **1**. *Бос емес, таңулы.* **2.** *Ағашқа, бағанаға немесе басқа да орнықты заттарға арқанмен, жіппен бекітулі (мал).* **3**. ауыс. *Байланысты, тән, қатысты.* **4.** ауыс. *Тұрақты, тұрлаулы, берік.* **5.** ауыс. *Белгілі, келісілген.*

**Байлаулы баспақтай.** а) *Еркінен айырылғандай, қамауда қалғандай.* ә) *Шарасыз, ерiксiз.* **Байлаулы бұзауша**. *Біреудің шылауында, біреудің айтуымен.* **Байлаулы малдай шешілді.** бейн. *Шешен сөйледі, ағылды.* **Байлаулы сөз**. *Үзілді-кесілді тоқтаған, тиянақты пікір, ой.*

**БАЙЛАУЛЫЛЫҚ** зат. *Табандылық, ұстамдылық, шешімділік.*

**БАЙЛАУСЫЗ** сын. **1.** *Бекітілмеген, бос.* **2.** *Таңусыз,ораусыз.* **3.** ауыс. *Тиянақсыз, тұрлаусыз, пайдасыз.*

**БАЙЛАУСЫЗ-МАТАУСЫЗ** сын. *Байланыссыз, желісіз.*

**БАЙЛАУШЫ** зат. *Бір нәрсені бекітуші, таңушы.*

**БАЙЛАУЫШ**[1] зат. сөйл. *Байлама; алжапқыш.*

**БАЙЛАУЫШ**[2] зат. жерг. *Басқа тартатын жеңіл орамал.*

**БАЙЛЫ**[1] сын. *Күйеуі бар, ерлі (әйел).*

**БАЙЛЫ**[2] сын. *Мықты, берік, тиянақты.*

**БАЙЛЫҚ** зат. **1.** *Жиналған дүние, мол дәулет, мал-мүлік, қазына.* **2.** *Бір нәрсенің мол қоры, көзі; молшылық.*

**Байлығы асты**. *Дәулеті молайды, байыды.* **Байлығы жүрді**. *Малының, байлығының күшімен жұртты алды, байлығымен жұрт қаратты.* **Байлығы тасыды**. *Молшылыққа кенелді.* **Байлыққа батты [бөкті, малтыды]**. *Мол дүниеге кенелді.*

**БАЙЛЫҚ-ДӘУЛЕТ** зат. *Мол байлық, несібеге берген құт, ризық.*

**БАЙЛЫҚҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Байлықты мақсат тұтушылық, байлыққа құнығушылық.*

**БАЙЛЫҚ-МАНСАП** зат. *Дәулет, байлық, беделді қызмет.*

**БАЙЛЫҚСЫЗ** сын. *Байлығы жоқ, қазынасыз.*

**БАЙМАНА** зат. өс. <лат. cardamine pratensis> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын, өзен-көлдердің жағаларында, батпақты жерлерде өсетін, биіктігі 20-40 см-дей өсімдік.*

**Баймана туысы**. өс. <лат. cardamine> *Баймана сияқты шөптесін өсімдіктердің биологиялық таптастырудағы жиынтық аты.*

**БАЙ-МАНАП** зат. тар. *Ақсүйек, шонжар және т.б. ертеректегі қазақ қоғамындағы ауқатты топ өкілдері.*

**БАЙМҰР** зат. өс. сөйл. *Ақшыл сепкіл гүл.*

**БАЙ-МЫРЗА** зат. *Бай-манап.*

**БАЙНАҚ** зат. жерг. ***Байтақ.***

**БАЙПАҚ**[1] зат. этн. *Етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп жүннен басылған не киізден істелген қонышты шұлық.*

**Байпағынан басқа сүйенері жоқ.** *Ешбір арқа сүйері жоқ, таянышы жоқ, қаратабан.* **Байпақ етік.** этн. *Жүннен басылған аяқкиім, пима.*

**БАЙПАҚ**[2] зат. кәс. *Сиырдың тұяғының ауруы.*

**БАЙПАҚ**[3]**: байпақ ен.** этн. сөйл. *Қой, сиырдың құлағына салынатын еннің бір түрі.*

**БАЙПАҚСЫЗ** сын. *Байпағы жоқ, байпақ кимеген.*

**БАЙПАҚТАЙ** сын. *Байпақ сияқты, байпақ тәрізді.*

**БАЙПАҚТЫ** сын. *Байпақ киген, байпағы бар.*

**БАЙПАҚШАҢ** сын. *Байпақ киген күйде.*

**БАЙПАҢ**[1] сын. **1.** *Мінезі жұмсақ, жайлы.* **2.** ауыс. *Біркелкі, біртегіс.*

**БАЙПАҢ**[2] елік. *Ырғала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Байпаң қақты.** жағымсыз. *Құрдай жорғалады, жағымпазданды.*

**БАЙПАҢ-БАЙПАҢ** елік. *Аяқты теңселе,*

*ырғала, маңғаздана басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Байпаң-байпаң басты.** *Аяғын теңселе басты, баяу, ақырын жүрді.*

**БАЙПАҢДА**= ет. 1. *Ырғалу, теңселу.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Құрдай жорғалау, жағымпаздану.* **3.** ауыс. *Керілу, созылу.*

**БАЙПАҢДАС**= ет. *Байпаң-байпаң басысу.*

**БАЙПАҢДАСУ** *Байпаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙПАҢДАТ**= ет. *Байпаң-байпаң бастыру.*

**БАЙПАҢДАТҚЫЗ**= ет. *Байпаң-байпаң басқызу.*

**БАЙПАҢДАТҚЫЗУ** *Байпаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙПАҢДАТУ** *Байпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙПАҢДАУ** *Байпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙПАС** зат. тех. *Айналма құбыр, жапқыш пен кері клапандардың механикалық бөлшектеріне түсетін су қысымын теңестіретін құрал.*

**БАЙПАТША** зат. сөйл. ***Байбатша.***

**БАЙРА** зат. жерг. ***Қарауыл.***

**БАЙРАЗЫШЫ** зат. жерг. *Той басқарушы.*

**БАЙРАҚ**[1] зат. **1.** көне. *Аңның құйрығынан, түсті матадан, жібек шашақтан, жылқының құйрығынан жасалып, найзаның не арнайы сырықтың басына бекітілген ежелгі әскербасылық дәреже белгісі.* **2.** *Ту, жалау.* **3.** <нем. Standarte> *Мемлекет басшысының жоғарғы лауазымдық белгілерінің бірі.* **4.** *Белгі, нысан.* **5.** ауыс. *Желеу, түрткі.*

**БАЙРАҚ**[2] зат. *Шұрайлы, сулы жер, шүйгінді алқап.*

**БАЙРАҚ**[3] зат. **1.** көне. *Бәйге, жарыс.* **2.** жерг. *Жүлде,сыйлық.*

**БАЙРАҚ**[4]**: ала байрақ**. *Ерекше белгісі бар.*

**БАЙРАҚБАСЫ** зат. *Әскербасылық дәреже белгісі болып табылатын байрақ сабының жоғарғы ұшындағы қасиетті рәмізді бейнелейтін металл бөлігі.*

**БАЙРАҚДАР** зат. көне. *Дәрежесі биік әскербасылардың байрақтарын көтеріп жүруге тағайындалатын батырлардың атағы.*

**БАЙРАҚТАЙ** сын. *Байрақ сияқты, байрақ тәрізді.*

**БАЙРАҚТЫ**[1] сын. **1.** *Байрақ ілінген, байрағы бар.* **2.** ауыс. *Бәйгелі, сынақты.*

**БАЙРАҚТЫ**[2] сын. *Шүйгінді, шұрайлы.*

**БАЙРАМ** зат. сөйл. жерг. ***Мейрам.***

**БАЙРОНШЫЛДЫҚ** зат. әдеб. *Ағылшын ақыны Д.Байронның тұлғасы мен шығармашылығының әсерімен XIX ғ. басында пайда болған, адам мен қоғам арасындағы келіспеушіліктің жекелігін, түңілушіліктің уәжімен ерекшеленетін әдеби ағым.*

**БАЙРЫҚТЫ** сын. жерг. *Қыздай, жастай.*

**БАЙРЫЛАР** зат. геогр. *Құмның жел әсерінен бірқалыпты төкпегендігі нәтижесінде пайда болатын тұйық ойыстар.*

**БАЙСА** зат. *Желкелік, шөгежек.*

**БАЙСАЛ**[1] сын. сөйл. ***Байсалды.***

**Байсал тапты.** *Тыным тапты, жайланды, шешілді, орнықты.*

**БАЙСАЛ**[2] сын. *Дел-сал, самарқау, енжар.*

**БАЙСАЛДА**= ет. *Бөгелу, жасқану, тайқу.*

**БАЙСАЛДАН**= ет. **1.** *Жаны жай табу, тынышталу.* **2.** *Орнығу, салмақтану.*

**БАЙСАЛДАНУ** *Байсалдан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙСАЛДАУ** *Байсалда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙСАЛДЫ** сын. **1.** *Сабырлы, ұстамды, байыпты.* **2.** *Ақылды, зерек.* **3.** ауыс. *Беделді.* **4.** ауыс. *Жуас.*

**Байсалды мінез.** *Салмақты, сабырлы мінез.*

**БАЙСАЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Байсалдылық.***

**БАЙСАЛДЫЛЫҚ** зат. *Сабырлылық, байыптылық, ұстамдылық.*

**Байсалдылық көрсетті [танытты].** *Сабырлы болды, асығып-аптықпады.*

**БАЙСАМЫРСЫН** зат. бот. *Үлкен самыр сынағаш.*

**БАЙСАТ: байсат туысы**. бот. <лат. adoxa> *Байсаттар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің бір тобы.*

**БАЙСАТТАР** зат. бот. <лат. adoxaceae> *Жатаған тамыр сабақты, жалаң жапырақты, гүлдері қосжынысты көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**Байсаттар тұқымдасы.** бот. ***Байсаттар.***

**БАЙСЫЗ**[1] сын. *Ерсіз, күйеусіз.*

**БАЙСЫЗ**[2] сын. *Бай-манабы жоқ, бай адамсыз.*

**БАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Ері жоқтық, күйеусіздік.*

**БАЙСЫМАҚ**[1] сын. кекесін. *Дәулетті болып көрініп жүрген.*

**БАЙСЫМАҚ**[2] зат. мысқыл. *Еркексымақ, күйеусымақ.*

**БАЙСЫН: жиделі байсын**. *Жерге қатысты әсем, кең-байтақ деген мағынада.*

**БАЙСЫН**= ет. *Мал-мүлкін мақтан ету, барсыну.*

**БАЙСЫРА**= ет. *Күйеуге шыққысы келу, күйеу сіреу.*

**БАЙСЫРАУ** *Байсыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙТ** [ағыл. byte] зат. инф. *Электр есептеуіш мәшинелердегі символдық таңбаларды бейнелейтін сегіз биттен тұратын ақпарат (информация) санының өлшем бірлігі.*

**БАЙТАБА** зат. этн. көне. *Қой жабағысынан жасап, жеңіл етіктің ішінен киетін шұлық.*

**БАЙТАБАЛЫҚ** сын. *Байтаба боларлық, байтабаға лайық.*

**БАЙТАҚ**[1] [ир. بايتخت] зат. **1.** *Астана, бас қала.* **2.** көне. *Мемлекет-қала, полис; кішігірім хандық.* **3.** ауыс. *Ел, жұрт.*

**БАЙТАҚ**[2] зат. геогр. *Белгілі бір жер бедері, ауа райы, топырақ қабаты мақлұқаты (фауна) мен нәбататының (флора) өзіндік үйлесімділігімен ерекшеленетін жер қабаты, ландшафт.*

**БАЙТАҚ**[3] сын. *Ұшы-қиыры жоқ, кең.*

**Байтақ алаш.** *Бүкіл алаш, бүкіл халық.* **Байтақ дала.** *Ұшы-қиырсыз кең дала.* **Байтақ ел.** а) *Күллі жұрт.* ә) *Мол, ұшан қиырды алып жатқан ел.* **Байтақ жер.** *Үлкен, кең аумақ.* **Байтақ ұлт.** *Барлық халық.*

**БАЙТАҚТЫ** сын. *Кең, мол, дарқан.*

**БАЙТАЛ** зат. *Екі мен төрт жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы.*

**Байтал түрсын [түрмақ, түгіл] бас қайғы болды.** *Әркім өз басының қамымен кетті, басқаға қарасуға мұршасы болмады.*

**БАЙТАЛДАЙ** сын. *Байтал сияқты, байтал тәрізді.*

**БАЙТАЛДЫ** сын. *Байталы бар, байтал мінген.*

**БАЙТАЛДЫҚ** сын. *Байталдың құнындай, байталға татырлық.*

**БАЙТАЛША** үст. *Байталға ұқсап, шолтиып.*

**БАЙТАСА** зат. жерг. *Аяқкиімнің бір түрі.*

**БАЙТЕРЕК** зат. сөйл. ***Бәйтерек.***

**БАЙТЕРЕКШЕ** үст. сөйл. ***Бәйтерекше.***

**БАЙТЕСЕ** зат. кәс. **1.** этн. *Шаңырақты дайындауға арналған қалып.* **2.** *Түрегеп тұрып ағашты шабатын шот,қалың сабының басына жүзі өткір шот орнатылған балта.*

**БАЙТОЛЛА** [ар. بيت الله] зат. діни. *Алланың, Құдайдың үйі; Меккедегі қасиетті Қағбаның атауы.*

**БАЙТӨБЕТ** зат. миф. сөйл. ***Бәйтөбет.***

**БАЙ-ТӨРЕ** зат. тар. *Ел билеуші, ақсүйек.*

**БАЙТТЫҚ** сын. инф. *Ақпарат мөлшерінің кіші бірлігіне – байтқа тән немесе содан тұратын.*

**Байттық құрылым**. инф. *Ақпарат өңдеу аспаптарының әртүрлі байттар тізбегінен тұратын құрылымы.*

**БАЙТҰЛЛА** зат. діни. сөйл. ***Байтолла.***

**БАЙ-ФЕОДАЛ** зат. тар. *Ірі байлар мен шонжарлар.*

**БАЙХУА: байхуа шайы**. *Тығыздалмаған, жоғары сапалы ұнтақ шай (қытай тілінен: Бай хуа – жаңа бүр жарған шай жапырағының атауы).*

**БАЙША** үст. *Бай тәрізді, байға ұқсап.*

**БАЙ-ШОНЖАР** зат. тар. *Қолдарында биліктен байлық шоғырланған ауқатты әлеуметтік тап өкілдері.*

**БАЙШЫГЕШ** сын. сөйл. ***Байшікеш.***

**БАЙШЫҒАШ** сын. сөйл. ***Байшікеш.***

**БАЙШЫКЕШ** сын. сөйл. ***Байшікеш.***

**БАЙШЫЛ** сын. тар. совет. *Байлардың сойылын соғушы, байды жақтаушы.*

**БАЙШЫЛ-БУРЖУАЗИЯШЫЛ** сын. тар. совет. *Қанаушы таптың мүддесін қорғаушы, байды жақтаушы.*

**БАЙШЫЛДЫҚ** зат. совет. *Байдың мүддесін қорғаушылық, байды жақтаушылық.*

**БАЙШЫЛ-ҰЛТШЫЛ** зат. тар. совет. *Кеңес өкіметі тұсындағы үстем тап жаршысы, ұлттық мүддені кеңес өкіметі мүддесінен жоғары қоюшы, соның жоғын жоқтаушы.*

**БАЙШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Молшылық, құт-береке.*

**БАЙШЫНАР** зат. жерг. ***Бәйтерек.***

**БАЙШІКЕШ** сын. экспр. *Байсымақ, орта дәулетті.*

**БАЙШІКЕШТЕУ** сын. экспр. *Ауқаттылау, байсымақтау.*

**БАЙЫ**[1]= ет. **1.** *Дүние-мүлкі молаю, көбею; дәулеті арту.* **2.** ауыс. *Бұрынғы қалпынан мазмұны арту, өресі кеңею, жетілу.*

**БАЙЫ**[2]= ет. табу. *Біту, түгесілу, таусылу.*

**БАЙЫҒЫШТЫҚ** зат. геол. *Пайдалы қазбалардың өзге қоспалардан арылу қасиеті.*

**БАЙЫЗ** зат. *Сабыр, төзім.*

**Байыз таппады**. *Шыдамсызданды, сабырдан айырылды.* **Байызын басты.** *Тынышталды, сабырға келді.*

**БАЙЫЗДА**= ет. **1.** *Тұрақтау, тоқтау, орнығу.* **2.** *Тыншу, тыныштылу, сабыр сақтау.* **3.** *Байыптау, байқау, асықпау.*

**БАЙЫЗДАТ**= ет. *Тұрақтандыру, орнықтыру, тыныштандыру.*

**БАЙЫЗДАТУ** *Байызда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫЗДАУ** *Байызда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫМ** [ар. فهم] зат. *Адамның өмірден көріп-біліп түйгені, аңғарымы.*

**Байымға бармады.** *Мән-жайды ұқпады, байыбына бармады.* **Байым салды.** *Көңіл бөлді, назар аударды.*

**БАЙЫМ: байым қылды**. жерг. *Хабар берді, білдірді.*

**БАЙЫМДА=** ет. **1.** *Ақылға салу, пайымдау, ой елегінен өткізу.* **2.** *Білу, байқау.* **3.** *Меңгеру, әдісін алу.*

**БАЙЫМДАҒЫШ** сын. *Аңғарғыш, байқағыш.*

**БАЙЫМДАЛ=** ет. *Айтылу, егжей-тегжейлі түсіндірілу.*

**БАЙЫМДАЛУ** *Байымдал етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫМДАМА** зат. әдеб. *Қорыту, түйіндеу.*

**БАЙЫМДАМАЛА=** ет. сирек. *Байым жасау, ой қорыту.*

**БАЙЫМДАМАЛАУ** *Байымдамала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫМДАТ=** ет. *Ақылға салғызу, аңғарту.*

**БАЙЫМДАТУ** *Байымдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫМДАУ[1]** зат. **1.** *Ой түйін, жалпылаушы пікір.* **2.** *Қорытынды, ой қорытпа.*

**БАЙЫМДАУ[2]** *Байымда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫМДЫ** сын. *Салиқалы, байсалды, байыпты.*

**БАЙЫМДЫЛЫҚ** зат. *Сабырлылық, салмақтылық, орнықтылық.*

**БАЙЫМСЫЗ** сын. *Байлам-байымы жоқ, жөн-жосықсыз.*

**БАЙЫП** зат. *Жай-жапсар, мән, жөн-жосық.*

**Байыбына барды.** *Негізгі мәнін түсінді, жөн-жосығын айырды.* **Байыбына жетпеді.** *Мән-мағынасын түсінбеді, үстірт, жеңіл қарады.* **Байыбына келтірді.** *Жөнге, ретке салды.*

**БАЙЫП-БАҒДАР** зат. *Бағыт-бағдар, жөн-жосық.*

**БАЙЫПСЫЗ** сын. *Шала, үстірт, жеңіл, берекесіз, ушқалақ.*

**БАЙЫПСЫЗДЫҚ** зат. *Шалағайлық, үстірт-қимыл.*

**БАЙЫПТА=** ет. **1.** *Аңғару, көру.* **2.** *Ақылға салып жан-жақты байқау; топшылау.*

**БАЙЫПТАҒЫШ** сын. *Байыбына барғыш, аңғарғыш.*

**БАЙЫПТАҒЫШТЫҚ** зат. *Аңғарғыштық.*

**БАЙЫПТАМА** зат. *Егжей-тегжейлі ойластырылған байымдама, іс-шаралар негіздемесі.*

**БАЙЫПТАН=** ет. *Сабырлы қалпын сақтау, асықпай-саспай қозғалу.*

**БАЙЫПТАНУ** *Байыптан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫПТАП-БАҒДАРЛА=** ет. *Зер салып, мән-жайға мұқият қарау.*

**БАЙЫПТАП-БАҒДАРЛАУ** *Байыптап-бағдарла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫПТАТ=** ет. *Аңғарту, сездіру.*

**БАЙЫПТАТУ** *Байыпта етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫПТАУ** *Байыпта етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫПТАУЛЫ** сын. *Ақылға салынған, ойланған, байыпталған.*

**БАЙЫПТАУЫНША** үст. *Байқауынша, топшылауынша.*

**БАЙЫПТЫ** сын. **1.** *Сабырлы, салмақты, орнықты (адамға қатысты).* **2.** *Тұрақты, әбден қалыптасқан.* **3.** ауыс. *Сәтті, жақсы.*

**БАЙЫПТЫЛЫҚ** зат. *Сабырлылық, ұстамдылық.*

**БАЙЫПШЫЛ** сын. *Байсалды, байыбына барғыш.*

**БАЙЫРҒЫ[1]** зат. **1.** *Белгілі аумақты ежелден мекендеген тайпа, абориген.* **2.** биол. *Белгілі бір аймақта өсіп, сол жерде ғана мекендейтін биологиялық дарақ.*

**БАЙЫРҒЫ[2]** сын. **1.** *Бұрынғы, ескі, көне.* **2.** *Жергілікті, тұрғылықты.*

**Байырғы аң.** биол. *Белгілі бір аймақты көнеден мекендейтін мақлұқат (жануарлар әлемінің) өкілі.* **Байырғы жаға.** геогр. *Өзінің бастапқы құрылу орнында тұрған жаға.* **Байырғы өлшемдер.** этн. *Әр халықтың тұрмыс ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан өлшеу бірліктері.* **Байырғы мал.** биол. *Белгілі бір жердегі ежелден өмір сүрген малдың түрі.* **Байырғы сиыр.** жерг. *Өз бағуында алты-жеті бас болып бірнеше рет бұзаулаған сиыр.* **Байырғы сөз.** лингв. *Тілдің сөздік қорын құрайтын негізі, көнеден келе жатқан төл сөзі.* **Байырғы тұрғын.** стат. *Қандай да бір аумақта орнығып, бұрыннан мекендеп келе жатқан халық өкілі.* **Байырғы түйе.** *Көнеден, байырғы заманнан келе жатқан түйе тұқымы.* **Байырғы тіл.** лингв. *Қазіргі әдеби тілден бұрынғы тарихи кезеңдегі тіл.* **Байырғы халық.** геогр. *Белгілі бір жер аймағында ежелден мекендеп келе жатқан тұрғылықты халық.*

**БАЙЫРҒЫЛА=** ет. сөйл. ***Байырқала.***

**БАЙЫРҒЫЛЫҚ** зат. филос. *Көнелік.*

**БАЙЫРҚА=** [ар. براحة] ет. *Тыным табу, жай табу, байыздау.*

**БАЙЫРҚАЛА=** ет. **1.** *Айналсоқтау, іркілу.* **2.** *Тұрақтау, аялдау, байыздау.* **3.** ауыс. *Жақсы-жаманды аңғару, байсалдану.*

**БАЙЫРҚАЛАН=** ет. *Байсалдану, сабыртабу, байыздау.*

**БАЙЫРҚАЛАНУ** *Байырқалан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫРҚАЛАТ=** ет. **1.** *Тоқтату, кідірту.* **2.** *Малды қайырмақтау, қайтару, жусатуға дайындау.* **3.** ауыс. *Байсалдандыру, көңілді орнықтыру.*

**БАЙЫРҚАЛАТУ** *Байырқалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫРҚАЛАУ** *Байырқала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫРҚАЛЫ** сын. *Салиқалы, салмақты, маңызды.*

**БАЙЫРҚАТ=** ет. *Байыздату, байқату, аңғарту.*

**БАЙЫРҚАТУ** *Байырқат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫРҚАУ** сын. *Баяулау, бәсең.*

**БАЙЫСТА=** ет. сөйл. *Баян ету.*

**БАЙЫСТАУ** *Байыста етістігінің қимыл атауы.*

**БАЙЫТ[1]=** ет. **1.** *Молайту, көбейту, толықтыру.* **2.** геол. *Топырақтың құрамындағы қандай да бір химиялық элементті немесе қоспаны арттыру; руданы сапасыз құрамынан тазарту.*

**БАЙЫТ[2]=** ет. жерг. *Қамау, кіргізу.*

**БАЙЫТҚЫШ** зат. ауылшар. *Топырақ құнарландырғыш зат, қоспа.*

**БАЙЫТУ** *Байыт етістігінің қимыл атауы.*

**Байыту фабрикасы.** геол. *Кеннің сапасын арттыру фабрикасы.*

**БАЙЫТУШЫ** зат. геол. *Кеннің сапасын арттырушы, тазартушы.*

**БАЙЫТУШЫЛЫҚ** зат. геол. *Байыту қасиетіне иелік, ие болушылық.*

**БАЙЫТЫЛ=** ет. **1.** *Молайтылу, көбейтілу.* **2.** кен. *Тазартылу, сапасы арттырылу.*

**БАЙЫТЫЛУ** *Байытыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАК[1]** [франц. bac] зат. *Металдан, бетоннан т.б. материалдардан жасалатын, сұйықтық сақтауға арналған ыдыс.*

**БАК[2]** [голл. bak] зат. тех. *Кеменің жоғарғы палубасын, қызмет бөлмелерін қарсы толқыннан қорғауға арналған тұмсық жақ қуысы.*

**БАКАЛАВР** [лат. baccalaureus] зат. пед. *Кейбір елдерде қосымша емтихандар тапсырып, университет және басқа да жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге берілетін алғашқы ғылыми дәреже.*

**БАКАЛАВРИАТ** [лат. baccalaureatus] зат. пед. *Университетті бітіріп, бакалавр дәрежесін алатындарға арналған қосымша оқу бағдарламасы.*

**БАКАЛЕЙШІ** зат. сөйл. ***Бақалшы.***

**БАКАЛЕЯ** [ар. بقالية] зат. *Қант, шай, ұн т.б. азық-түліктерді сататын дүкен.*

**БАКАУТ** [голл. pokhout] зат. бот. *Діңі тығыз және ауыр болатын, қосжапырақтылар тұқымдас мәңгі жасыл тропик ағашы.*

**БАКЕЛИТ** зат. хим. *Пластмасса, лак, желімдерді өндіруде қолданылатын синтетикалық смола.*

**БАКЕН** [голл. baken] зат. *Белгі оты арқылы навигациялық қауіптен сақтандыру мақсатымен кеме жолына қойылатын қалтқы белгі.*

**БАКЕНБАРД** [нем. Backenbart] зат. *Самайдан төмен түсіріле қойылған шаш.*

**БАКЕНШІ** зат. *Судың тереңдігін өлшеп, соған қарай бакеннің орнын ауыстырып, оны бақылаушы, реттеуші адам.*

**БАКЕТИН** зат. экон. *Брокерлердің заңсыз қызметінің бірі.*

**БАККАРА** [франц. baccara] зат. *Хрустальдің құнды сұрпы.*

**БАКЛАЖАН** зат. өс. <лат. Solanum melongena> ***Баялды.***

**БАКТЕРИЕМИЯ** [грек. haima] зат. мед. *Әсіресе жұқпалы аурулар кезінде байқалатын бактериялардың ағзадан өтіп қанда болуы.*

**БАКТЕРИАН** зат. биол. *Азияның кейбір аймақтарында жабайы түрі сақталып қалған екі өркешті түйе тұқымы.*

**БАКТЕРИН** зат. хим. *Зиянды микробтардан сақтандыру үшін қолданылатын химиялық түзіліс, қоспа.*

**БАКТЕРИОЗ** зат. биол. *Бактериялар туғызатын өсімдік аурулары.*

**БАКТЕРИОЛИЗ** [грек. bakteria – таяқша, lysis – ыдырау, еру] зат. биол. *Бактериялардың жасуша қабығының ыдырап, ондағы цитоплазманың шығуы.*

**БАКТЕРИОЛОГ** зат. биол. *Бактериология ғылымының маманы.*

**БАКТЕРИОЛОГИЯ** [грек. bakteria – таяқша, logos – ілім] зат. биол. *Бактерияларды зерттейтін ғылым.*

**БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Бактериологияға тән, бактериологияға қатысты.*

**Бактериологиялық қару.** әск. ***Бактериялық қару.***

**БАКТЕРИОФАГТАР** [грек. bakterion – таяқша, phagos – азықтанушы] зат. мед. ***Бактерияжегі.***

**Бактериофагтармен емдеу.** мед. ***Фаготерапия.***

**БАКТЕРИСТАЗ** зат. биол. *Жағымсыз факторлардың әсерінен бактериялардың өсіп көбеюінің толық тоқтауы.*

**БАКТЕРИСТАЗДЫҚ** зат. биол. *Бактеристазға тән, бактеристазға қатысты.*

**БАКТЕРИУРИЯ** [грек. uron] зат. биол. *Бактериялардың зәрмен шығуы.*

**БАКТЕРИЦИДТЕР** [грек. bakterion – таяқша, caedo – өлтіремін] зат. биол. *Адам, жануарлар мен өсімдік ағзасында ауру туғызатын бактериялар мен микроағзаларды жоюға қабілетті заттар.*

**БАКТЕРИЦИДТІК** сын. хим. *Бактерияларды және тағы да басқа микроағзаларды жойғыш қабілеті бар.*

**Бактерицидтік шам.** ф и з . *Зарарсыздандыру мақсатында қолданылатын жарық көздері.*

**БАКТЕРИЯ** [грек. bakteria] з а т . б и о л . *Бір жасушалы микроағзалар тобы.*

**Бактерия уыты.** м е д . *Бактериотоксин, тіршілік ету процесінде кейбір ауру тудырғыш бактериялардың бөлетін улары.* **Бактерия ұстағыш.** т е х . *Емханалардың, өндірістік және тұрғын үйлердің бөлмелеріндегі микроағзалардың құрамын, олардың ауаны қаншалық ластағанын анықтауға арналған аспап.*

**БАКТЕРИЯЖЕГІ** з а т . м е д . <грек. bakterion – таяқша, phagos – азықтанушы> *Кейбір ауру туғызатын бактерияларды жойып жіберу қабілеті бар бактериялық вирустар.*

**БАКТЕРИЯЛЫ** с ы н . б и о л . *Құрамында бактериялары бар, бактериялардан тұратын.*

**Бактериялы тыңайтқыш.** а у ы л ш а р . *Органикалық және қиын сіңірілетін минералды заттектерді өсімдіктерге жеңіл сіңетін түрге айналдыратын микроағзалар өрбімесі.*

**БАКТЕРИЯЛЫҚ** с ы н . б и о л . *Бактерияға тән, бактерияға қатысты.*

**Бактериялық биотелескоп.** т е х . *Қандай да бір құбылыстардың өзгеруі арқылы белгілеп көрсетіп отыратын, бактериялардың көмегімен сол құбылысты бақылауға арналған құрал.* **Бактериялық зерттеу.** б и о л . *Бактериоскопия, зерттелетін заттарға (су, топырақ, мал азығы, қан, несеп және т .б.) бактериялық техниканың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолданып, бактерияларды табу.* **Бактериялық конъюктивит.** м е д . Көздің *былшықтанып ауруы.* **Бактериялық қару.** ә с к . *Тірі ағзаларда әртүрлі ауру туғызатын микроағзалар мен уларды пайдалануға негізделген жаппай зақымдаушы қару.* **Бактериялық құралдар.** ә с к . *Ауру туғызушы микробтар және микробтың кейбір түрінен бөлінетін уыттар.*

**БАКТРИАН: бактриан түйесі.** т ү й е ш а р. *Қосөркешті түйенің ішіндегі асыл тұқымдасы.*

**БАҚ[1]** [ир. باغ] з а т . **1.** *Әртүрлі жеміс ағаштары өсірілген жер, бау-бақша.* **2.** а у ы с . *Жер, саялы жер.*

**Бақ айқабағы.** з о о л . <лат. ac rocephalus dumetorum> *Сандуғаш тұқымдасына жататын кішкентай құс.* **Бақ зиянкестері.** а у ы л ш а р . *Бау-бақшаның өсуіне зиян келтіретін құрт, жәндіктер, ауру тудырғыштар.* **Бақ қопсытқыш.** а у ы л ш а р . *Бау-бақшаның жайқалып өсуіне көмегін тигізетін арнайы тұқым.* **Бақ нұмы.** а у ы л ш а р . *Бау-бақша, жеміс ағаштарының кесілген, сынған, егілген жерлеріне жағып қоятын, олардың өсіп кетуіне жағдай жасайтын бақша желімі.* **Бақ сайманы.** *Жеміс-жидектерді өсіру, күту, жинау үшін қолданылатын құралдар.* **Бақ сандуғашы.** з о о л . *Сауысқандар тобына жататын орман, даланың кішкентай сайрағыш құсы.*

**БАҚ[2]** [ир. بخت] з а т . *Бақыт, талай.*

**Бағы артты [асты].** *Мерейі үстем болды, жолы болды.* **Бағы ашылды.** *Бағы жанды, бақытты болды.* **Бағы байланды.** *Бағы жанбады, бақытсыз болды.* **Бағы бар.** *Бақытты, жолы болғыш.* **Бағы жанды.** *Ісі оңға басты, жолы болды.* **Бағы келді.** *Дәуірі жүрді, дәуірледі; бағы жанды, мерейі артты, дегені болды, тасы өрге домалады.* **Бағы кетті.** *Бақ-дәулеті жоғалды, бақытынан айырылды.* **Бағы күйді.** *Бақытсыздыққа ұшырады.* **Бағы қайтты.** *Жолы болмады, бақытсыздыққа ұшырады.* **Бағын асырды.** *Мерейін, бағын арттырды.* **Бағына ұшырады.** *Тағдырына кезікті, бақытына жолықты.* **Бағын ашты.** *Бақытты етті, тілегіне жеткізді.* **Бағын байлады.** *Біреудің бақытты болуына кесірін тигізді, бақытсыз етті.* **Бағын жандырды.** *Бақытты етті.* **Бағын [базарда] сынады.** *Талайын байқады.* **Бағы үстем болды.** *Дәуірі жүрді, бағы жанды, мерейі артты.* **Бағы ұшты.** *Дәурені кетті, бақыты сөнді.* **Бақ айналды.** *Бақ-дәулет, байлық тұрақтады.* **Бақ ауысады.** *Жақсылық үнемі бір адамның басында бола бермейді.* **Бақ берді.** *Бақыт, байлық келді, бақытқа ие болды.* **Бақ бітті.** *Бақ айналды, тұрақтады.* **Бақ дарыды.** *Бақ қонды.* **Бақ дарысын [берсін, қонсын].** а л ғ ы с . *Зор байлық, бақыт басыңа оралсын деген мағынада.* **Бақ жұлдызы.** п о э т . *Тағдырға, маңдайға жазылған бақ.* **Бақ кейде тауып қонады, кейде ауып қонады.** *Қуаныш, бақыт әртүрлі адамдарға, талғамай қона береді.* **Бақ кестесі.** п о э т . *Өмір, бақ, тағдыр.* **Бақ кетпесін.** т і л е к . *Бақыт кетпесін, бақ қонсын.* **Бақ көшпелі [көшеді].** *Бақыт, дәулет ауысып отырады.* **Бақ қарап, Қызыр назар салды.** *Бақыт қонды, бақ келді.* **Бақ қонды.** *Бақытты болды, бақ дарыды.* **Бақ құсы.** п о э т . *Бақ, бақыт, дәулет.* **Бақта байлау жоқ.** *Бақ бірде келеді, бірде кетеді деген мағынада.* **Бақ тайды.** *Абырой-атақ кетті, бұрынғы заманы өтті.* **Бақ таластырды.** *Күндеді, көре алмады.* **Бақтан кішірді.** *Төмендеді.* **Бақ тапты.** *Бақытты болды.* **Бақ тұрды.** *Бақ қонды, бақытты болды.* **Бақты [басқа] тепті.** *Өз бағын өзі қорлады, келген жақсылықты білмеді.* **Бақ іздеді.** а ) *Бақыт, қуаныш аңсады.* ә ) *Үйіп-төгіп бірден бере салатын дәулетке құмартты.*

**БАҚ[3]** з а т . т а р . *Әкімшіліктің ең кіші бірлігі.*

**БАҚ[4]** е л і к . *Тосыннан қатты шыққан ешкінің дауысына ұқсас дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бақ етті.** *Тосыннан, кенеттен ешкінің дауысына ұқсас қатты дыбыс шығарды.*

**БАҚ=** е т . **1.** *Малды күту, өсіру.* **2.** *Тәрбиелеу, асырау.* **3.** *Күту, қарау.* **4.** *Байқау, аңғару.* **5.** *Қадағалау, тексеру.* **6.** *Аңду, байқастау.* **7.** *Қору, күзету.* **8.** а у ы с . *Бір нәрсенің соңына түсу, іздену, сонымен әуестену.*

**Бағар көбейсін.** т і л е к . *Мал басы, бағатын мал көп болсын.* **Баққан малы [баққаны] күйлі болды.** *Малы семіз, қоңды болды, еңбегі еш кетпеді.* **Баққан мал.** *Қараудағы, қорадағы мал.*

**БАҚА** з а т . **1.** з о о л . <лат. ranidae> **1.** *Дене тұрқы қысқа әрі жалпақ, терісі жылтыр, құйрықсыз, қосмекенділер тұқымдасының бірі.* **2.** а у ы с . *Толық, төртбақ денелі.*

**Бақа айғыр.** *Аласа, семіз айғыр.* **Бақа бас [басты].** а ) *Жалпақ бас.* ә ) *Қораш, нашар, сұрықсыз.* **Бақа ауыз.** *Ерні салбыраңқы, езулі үлкен ауыз.* **Бақа бас етік.** *Жалпақ басты етік.* **Бақа ине.** қ о л ө н е р . *Киім тігетін ең кішкентай ине.* **Бақа көз.** *Сыртына шығыңқылау томпақ көз.* **Бақа қыбыр.** *Жай, баяу қозғалыс.* **Бақа мойын.** *Қысқа, жалпақ мойын.* **Бақа сорды.** *Азды, аздырды.* **Бақа тамақ.** *Бұғағы түсіңкілеу, жалпақ тамақ.*

**БАҚААУЫЗ** з а т . **1.** *Арбаның оқтық ағашы енетін алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш.* **2.** *Үстіне қойылатын ағаштың орнықты болуы үшін, арқалық немесе тіреу ағашты кертіп, ойып жасалатын ойық, кетік.*

**БАҚАДАЙ** с ы н . *Бақа сияқты, бақа тәрізді.*

**Бақадай шулады.** *Жабыла шуылдады, у-шу болды.*

**БАҚАДАЙЫН** с ы н . ф о л ь к . *Бақа тәрізді, бақа сияқты.*

**БАҚАДАР** с ы н . к ө н е . *Батыл, еркін.*

**БАҚАЖАПЫРАҚ** з а т . ө с . <лат. plantago> *Біржылдық, кейде көпжылдық, жолжелкен, иманжапырақ, киіз бақажапырақ, бүргедән, тартар сияқты түрлері бар шөптесін, бұта өсімдіктер тобы.*

**БАҚАЙ** з а т . **1.** *Аяқтың басы мен жілншіктің қосылған жері, тобықтың жоғарғы жағы.* **2.** а н а т . <лат.phalanx> *Омыртқалы жануарлар мен адамның қол-аяғының саусақ сүйегі; башпайы.*

**Бақай буындары.** а н а т . *Башпай сүйектерінің арасындағы қысқа буындар.* **Бақайға оралды.** *Кедергі келтірді; аяққа тұсау болды.* **Бақайдан қақты.** *Байқатпай, білдірмей, реті келсе, кедергі болды.* **Бақай есеп.** *Болмашыны пайда көретін, ұсақшыл.* **Бақай етек.** э т н . *Етегін бүрмелеп, желбіршектер салып киетін ұзын көйлек.* **Бақай қимыл.** *Өнбейтін, күйбең тірлік.* **Бақай құлық.** *Ұсақ, жымысқы құлық.* **Бақай сүйегі.** а н а т . <лат. ossa digitorum> *Аяқ басының сүйектерінің бірі.* **Бақайынан келмейді.** а ) *Қарасын да көрмейді, маңайламайды.* ә ) *Ойына кіріп те шықпайды, әсер етпейді.* **Бақайынан келтірмеді.** *Менсінбеді, елемеді, құлақ аспады.* **Бақайын сазға тигізбеді.** *Шаң жуытпай, бөледен құтқарды, алып шықты.*

**БАҚАЙҚҰРТ** з а т . в е т . <лат. paronychia contagiosa> *Бақай арасындағы терінің ісініп, жараға айналуынан пайда болатын жұқпалы қой ауруы (кейде«айырма» деп те аталады).*

**БАҚАЙЛЫ** с ы н . *Бақайы жуан.*

**БАҚАЙШАҚ** з а т . а н а т . <лат. digitipedis> *Аяқтың башпай сүйектері.*

**Бақайшағына дейін [шейін].** *Түк қалдырмай, басынан аяғына дейін.* **Бақайшағына дейін қаруланды.** *Қару біткеннің бәрін жинады, сақадай сай қаруланды.* **Бақайшағына дейін [шейін] шақты.** *Бір нәрсенің төркінін жетер жеріне жеткізе талдап таратып берді.* **Бақайшағына келмейді.** *Түкке тұрмайды, түк те емес.*

**БАҚАЙШАҚТА=** е т . *Жік-жігіне ажыратып, талдап саралау.*

**БАҚАЙШАҚТАУ** *Бақайшақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚАЙШЫҚ** з а т . с ө й л . ***Бақайшақ.***

**БАҚАЛ[1]** [ар. بقّال] з а т . к ө н е . **1.** *Бақалшы, ұсақ-түйек сатушы.* **2.** *Сатуға арналған ұсақ-түйек заттар.*

**Бақал есеп.** а ) *Ұсақ, арам есеп.* ә ) *Ұсақшыл, іш құлық.* **Бақал сауда.** *Уақ-түйек сауда.*

**БАҚАЛ[2]** [ар. بقل] с ы н . ж е р г . *Қысқа, мыртық, тапал, аласа.*

**БАҚАЛАҚ[1]** [ар. بقال] з а т . э т н . **1.** *Шаңырақтың күлдіреуішін ұстап тұратын көлденең қалақшалар.* **2.** *Арба доңғалағындағы шабақ (кегей) бекітілетін табан қимасы.*

**БАҚАЛАҚ[2]** з а т . э т н . **1.** *Қол диірменнің астыңғы тасының діңгегі.* **2.** *Дорба, қоржын т.б. заттардың аузына салынатын тиекше.*

**БАҚАЛАҚ[3]** з а т . б о т . <лат. senecio vulgaris> *Күрделігүлділер тұқымдас бір жылдық шөптесін өсімдік.*

**БАҚАЛДАУ** с ы н . *Мыртықтау, жуантықтау.*

**БАҚАЛТАҚ[1]** с ы н . с ө й л . *Тапал, қысқалау.*

**БАҚАЛТАҚ[2]: бақалтақ қыран.** з о о л . <лат. hieraaetus pennatus> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**БАҚАЛШАҚ[1]** з а т . з о о л . <нем. Panzer> *Ұлудың сыртынан қоршаған қабыршақ қатты зат.*

**БАҚАЛШАҚ[2]** з а т . с ө й л . ***Бақайшақ.***

**Бақалшағына дейін.** с ө й л . *Бақайшағына дейін, түк қалдырмай, бастан-аяқ.* **Бақалшақ сүйектері.** с ө й л . *Бақайшақтың сүйегі.*

**БАҚАЛШАҚ[3]** с ы н . *Доғал, қысқа.*

**БАҚАЛШАҚТА=** е т . с ө й л . ***Бақайшақта.***

**БАҚАЛШАҚТЫ: бақалшақты шаянтәрізділер.** з о о л . <лат. ostracoda> *Омыртқасыз жануарлардың буынаяқтылар типінің шаян тәрізділер тобына жататын тармағы.*

**БАҚАЛШЫ** з а т . к ө н е . *Уақ-түйек сатушы, саудагер.*

**Бақалшы саудагер.** к ө н е. *Ұсақ-түйек үй жарағын, тұрмыстық заттарды сатумен айналысатын адам.*

**БАҚАЛШЫҚ**[1] з а т. <лат. testa, concha> *Былқылдақ денелілердің, кейбір шаян тәрізділердің денесін жабатын қаңқа түзілісі.*

**БАҚАЛШЫҚ**[2] з а т. *Жылқы тұяғы ішіндегі ұсақ сүйектің бірі.*

**БАҚАЛШЫЛА=** е т. *Бақалшылық жасау.*

**БАҚАЛШЫЛЫҚ** з а т. *Бақал саудамен айналысушылық.*

**БАҚАН**[1] з а т. э т н. *Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті, дауыл тұрғанда тіреу болатын ашалы ағаш.*

**Бақан аттаған байымайды.** м и ф. *Үй жиһаздарының ішіндегі таза мүлік деп саналатын бақаннан аттауға тыйым салу ырымына қатысты қолданылатын сөз.* **Бақан бойлы.** *Ұзын бойлы, еңселі.* **Бақан таңба.** *Ру таңбаларының бірі.* **Бақан тірелгендей.** *Көзі жұмылмай, жабылмай қалу.* **Бақан тірес, иттартыс.** *Бақастық, тым-тырағай айтысу, жұлысу.* **Бақанын қолына алды.** *Сайланды, сұстанды.*

**БАҚАН**[2] з а т. э т н. ***Алтыбақан.***

**Бақан тепті.** *Алтыбақанмен тербетілді.*

**БАҚАНА** з а т. в е т. *Түйе малында кездесетін ауру.*

**БАҚАНАТТАР** з а т. э т н. *Қалыңдығын көруге келген күйеуден жол-жоралғы алу үшін істелетін ырым, салт.*

**БАҚАНДА=** е т. *Бақанның астына алып, ұрып-соғу.*

**БАҚАНДАЙ** с ы н. **1.** *Бақан сияқты, бақан тәрізді.* **2.** а у ы с. *Үлкен, ірі, салалы.* **3.** а у ы с. *Білдей, дырдай, ортан қолдай.*

**Бақандай басыңмен.** *Үлкен басыңмен.*

**БАҚАНДАЙ-БАҚАНДАЙ** с ы н. *Кесек-кесек, үлкен-үлкен.*

**БАҚАНДАС=** е т. *Бақанмен ұрысу, соғысу.*

**БАҚАНДАСУ** *Бақандас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚАНДАТҚАН** с ы н. с ө й л. *Білдей, бақандай, айтулы.*

**БАҚАНДАУ** *Бақанда етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚАНСАЛАР** з а т. э т н. *Қалыңдығына келе жатқан күйеудің алдына қыздың жеңгелері бақан ұстап, кәде сұрайтын ырым.*

**БАҚАНТҮРТЕР** з а т. э т н. *Құдалар үйден шығар кезде жасалатын ырым.*

**БАҚАНТІРЕС** з а т. *Бақастық, айтыс-тартыс.*

**БАҚАНША** з а т. э т н. *Кішкене бақан.*

**БАҚАОТ** з а т. ө с. <лат. hydrocharis> *Дөңгелек жапырақшалы, жүрек пішіндес, су бетінде қалқып өсетін көп жылдық өсімдік.*

**БАҚАР** з а т. к ө н е. *Сиқыр.*

**БАҚАРЛЫ-ШАҚАРЛЫ** с ы н. *Қым-қуыт, у-шулы.*

**БАҚАРТ=** е т. ж е р г. *Қырқу, моқалту.*

**БАҚАС** [ар. بحث] с ы н. *Бәсекелес, бақталас.*

**БАҚАСТАС=** е т. **1.** *Бақталас болу, таласу.* **2.** *Бәсекелесу, жарысу.*

**БАҚАСТАСУ** *Бақастас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚАСТАУ** с ы н. *Өрісі тарлау, таяздау.*

**БАҚАСТЫҚ** з а т. *Басараздық, өштесушілік, бақталастық, күншілдік.*

**БАҚАСУ** *Бақас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚАСШЫ** з а т. *Бірін-бірі күндеуші, бәсекеші.*

**БАҚАСЫЗ** с ы н. *Бақасы жоқ.*

**БАҚАТАМАҚТЫҚ** з а т. м е д. *Тамақтың бақа тамағы тәрізді ісініп ауыруы.*

**БАҚАТІС** з а т. з о о л. ***Тісбақа.***

**БАҚАУЫЛ** з а т. к ө н е. **1.** *Соғыс кезінде әскердің қару-жарақпен, азық-түлікпен дұрыс жабдықталуын бақылап, соғыстан кейін түскен олжаны дұрыс бөліп-таратумен айналысатын адамның әскери лауазымы.* **2.** *Шекара арқылы өтетін тауарларға таңба салатын және оларды жасырын алып өтпеуді қадағалайтын сақшы топ, жасақ.* **3.** *Ханның бас аспазы, дастарқан әзірлеуші.*

**БАҚАША** ү с т. *Бақа тәрізді, бақаға ұқсап.*

**БАҚА-ШАЯН** з а т. **1.** *Бақа мен шаян т.б. ұсақ жәндіктер.* **2.** а у ы с. *Ұсақ бала-шаға.*

**БАҚАШЫҚ** з а т. з о о л. *Бақашық қандала.*

**Бақашық қандала.** з о о л. <лат. euryqaster inteqriceps> *Дәнді дақылдарға зиянды қандалалар тобына жататын кішкентай жәндік.*

**БАҚБАҚ** з а т. б о т. <лат. taraxacum officinale> *Жапырақсыз, сарғыш гүлді, сабағы қуыс өсімдік.*

**БАҚ-БАҚ** е л і к. *Бақылдаған дауысты бейнелейтін сөз.*

**Бақ-бақ етті.** *Қайта-қайта бақылдады.*

**БАҚБАҚЫЛ** з а т. з о о л. <лат. hilidac> *Қосмекенділер класы, құйрықсыздар отрядына жататын бақа тұқымдастар тобы.*

**БАҚБЕК** з а т. с ө й л. ***Бағбан.***

**БАҚ-БЕРЕКЕ** з а т. *Ырыс-дәулет, құт.*

**БАҚ-ДӘРЕЖЕ** з а т. *Атақ-абырой, мансап.*

**БАҚ-ДӘУЛЕТ** з а т. *Байлық, барлық.*

**Бақ-дәулеті толды.** *Бақ, береке, байлық жеткілікті болды.*

**БАҚИ** [ар. باقی] с ы н. **1.** *Мәңгі, өмірлік.* **2.** *Ана дүние, о дүние.* **3.** *Хош, есен, аман.*

**Бақи дүние.** *Мәңгілік, о дүниелік өмір.* **Бақиға жетті [кетті].** *Дүние салды, қаза болды.*

**БАҚИЛАС=** е т. *Қоштасу, арыздасу.*

**БАҚИЛАСУ** *Бақилас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚИЛЫҚ** з а т. *Мәңгілік.*

**БАҚКҮНДЕС** с ы н. *Бәсекелес, бақталас.*

**БАҚКҮНДЕСТІК** з а т. *Көреалмаушылық, бақталастық.*

**БАҚҚАН-ҚАҚҚАН=** е т. **1.** *Асыраған, тәрбиелеген.* **2.** а у ы с. *Аңдыған, байқастаған.*

**БАҚҚҰМАР** с ы н. *Мансапқұмар, шенқұмар, атаққұмар.*

**БАҚҚҰМАРЛЫҚ** з а т. *Мансапқұмарлық, атаққұмарлық.*

**БАҚҚЫЗ=** е т. **1.** *Малды қаратқызу.* **2.** *Бақылатқызу, күзеткізу.*

**БАҚҚЫЗДЫР=** е т. *Күткіздіру, қараттыру.*

**БАҚҚЫЗДЫРУ** *Баққыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚҚЫЗУ** *Баққыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚҚЫШ** с ы н. **1.** *Асырап-күткіш, қарағыш.* **2.** а у ы с. *Бақылағыш, аңдығыш.*

**БАҚПА** з а т. *Бағудағы, қараудағы нәрсе.*

**БАҚПАЛА=** е т. *Қарау, бажайлау, сезіктену.*

**БАҚПАН** з а т. с ө й л. ***Бағбан.***

**БАҚПАНДЫ** з а т. *Біреудің қолына қараған адам.*

**БАҚСА** з а т. ж е р г. *Балшықтан соғылған дуал, қабырға.*

**БАҚСЫ** з а т. к ө н е. **1.** м и ф. *Ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылық т.б. ерекше қасиеттері бар адам.* **2.** *Әртүрлі тәсілдермен [тамыр ұстау, демсалу, ойнау] сырқат адамдарға ем-дом жасаушы, тәуіп.*

**Бақсының жынындай.** *Долы, ашулы.* **Бақсының моласындай.** э к с п р. *Күлкі болып, жеке-дара қалып, шошайып.* **Бақсы ойнады.** а) *Ем-дом жасады.* ә) *Опыр-топыр, у-шу, даң-дұң болды.* **Бақсы сарыны.** *Бақсылардың ем-дом жасағанда қобызға не аса таяққа дауысын қосып орындайтын мақамы.* **Бақсысы ұстады.** *Долданды, ашуланды.*

**БАҚСЫ-БАЛГЕР** з а т. *Әртүрлі тәсілдермен ем-дом жасаушы, болашағын болжаушы адам.*

**БАҚСЫ-БАЛГЕРЛІК** з а т. *Бақсы-балгер болып ем-дом жасаушылық.*

**БАҚСЫДАЙ** с ы н. *Бақсы тәрізді, бақсы сияқты.*

**БАҚСЫЕКЕ** з а т. э к с п р. *Мысқыл, кекесін мәнінде бақсыға қатысты айтылатын атауыш.*

**БАҚСЫЗ** с ы н. *Бағы жоқ, сормаңдай, бақытсыз.*

**БАҚСЫЗДЫҚ** з а т. *Бағы жоқтық.*

**БАҚСЫ-ҚҰШНАШ** з а т. *Жалған ем-дом жасап, сәуегейлік құрушы.*

**БАҚСЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Тәуіптік, көріпкелдік.* **2.** *Бақсы болып, ем-дом жасаушылық.*

**Бақсылығы ұстады.** *Жыны қозды, көтерілді, жел бітті.*

**БАҚСЫОЙНАҚ** з а т. м и ф. *Бақсының ем-дом жасаудағы әртүрлі әрекеті.*

**БАҚСЫРА=** е т. *Бақ, мансапты аңсау.*

**БАҚСЫРАУ** *Бақсыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚСЫ-ТӘУІП** з а т. *Ел арасында әр алуан ем-дом жасаушы, емші.*

**БАҚСЫША** ү с т. *Бақсы тәрізді, бақсыға ұқсап.*

**БАҚТАЙ** с ы н. *Бақ сияқты, бақ тәрізді.*

**БАҚТАҚ** з а т. з о о л. <нем. Forelle> *Жұмсақ, дәмді етті, тұщы, ағын суда өмір сүретін балық, форель.*

**БАҚ-ТАЛАЙ** з а т. **1.** *Бақ, бақыт.* **2.** *Атақ, даңқ, абырой.*

**Бақ-талайына қарай.** *Бағына, тағдырдың жазғанына қарай.* **Бақ-талайынан көрді.** *Маңдайына жазғанын көрді.*

**БАҚ-ТАЛАЙСЫЗ** с ы н. *Бақытсыз, сорлы.*

**БАҚ-ТАЛАН** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Бақ-талай.***

**БАҚ-ТАЛАНДАЙ** с ы н. с ө й л. *Бағы, бақыты сияқты.*

**БАҚ-ТАЛАП** з а т. ***Бақыт.***

**БАҚТАЛАС** с ы н. *Бақкүндес, көре алмайтын.*

**БАҚТАЛАС=** е т. *Көре алмау, қайтсем де асып түссем деу.*

**БАҚТАЛАСУ** *Бақталас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚТАЛАСТЫҚ** з а т. *Бірін-бірі көре алмаушылық, іштарлық.*

**БАҚТАЛАСТЫР=** е т. *Күндестіру.*

**БАҚТАЛАСТЫРУ** *Бақталастыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚТАШЫ** з а т. **1.** *Мал бағушы, малшы.* **2.** *Сиыр бағушы, сиыршы.* **3.** а у ы с. *Бағып-қағушы, тәрбиелеп-өсіруші.* **4.** а у ы с. *Қорғаушы, қамқоршы.*

**БАҚТАШЫЛЫҚ** з а т. *Шаруашылықтың бір түрі, мал өсірудің жалпылама атауы.*

**БАҚТАШЫСЫЗ** с ы н. *Бағушысыз, қараусыз.*

**БАҚ-ТӘЛЕЙ** з а т. с ө й л. ***Бақ-талай.***

**БАҚТИЯР** [ир. بخت يار] с ы н. *Бақытты, шат өмірлі.*

**БАҚТЫ** с ы н. *Бағы артық, бақытты.*

**БАҚТЫР=** е т. **1.** *Мал қарату, өсіру.* **2.** а у ы с. *Бақылаттыру, күзеттіру.* **3.** а у ы с. *Емдету, қарату.*

**Бақтырып қойды.** *Малға қарауды мойнына жүктеді, еріксіз бақтырды.*

**БАҚТЫРУ** *Бақтыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚТЫРЫЛ**= ет. *Жазда түнемелікке жайылысқа шығатын малды кешкісін суару.*

**БАҚТЫРЫЛУ** *Бақтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚУАТ** [ир. باقوات] сын. *Әлді, қуатты.*

**БАҚУАТТАН**= ет. *Әлдену, қуаттану, жақсару.*

**БАҚУАТТАНУ** *Бақуаттан етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚУАТТЫ** сын. *Әл-қуатты, ауқатты, күйлі.*

**БАҚҰЛ** зат. *Қоштасу; соңғы сөз.*

**Бақұл бол.** а) *Әл үстінде жатқан адамның ағайын-туғанмен қоштасып арыздасуы, ырзаласуы мағынасында айтатын сөзі.* ә) *Қайтыс болған адамға айтылатын қоштасу сөз.* **Бақұл болды.** а) *Қайтыс болды, о дүниелік болды.* ә) *Өлімге басын тікті, бір нәрсенің жолына өмірін қиды.*

**БАҚҰЛДА**= ет. сөйл. ***Мақұлдау***.

**БАҚҰЛДАС**= ет. *Соңғы сөзін айтысу, қоштасу.*

**БАҚҰЛДАСУ** *Бақұлдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚҰЛДЫҚ** зат. *Қоштасу-арыздасу сөз, ризалық.*

**БАҚША**[1] [ир. باغچه] зат. **1.** *Әртүрлі ағаштар, гүлдер отырғызылған арнаулы жер, алаң.* **2.** *Әр алуан көгөніс егілетін жер.* **3.** *Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін орын; балабақша.*

**Бақша дақылдары.** егіншар. *Қауын-қарбыз, картоп, қияр сияқты бақшада қолдан өсірілетін өсімдіктер; көкөніс.*

**Бақша кооперативі.** *Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым.*

**БАҚША**[2] зат. көне. *Қала, базар.*

**БАҚША**[3] зат. *Тігін инелерінің бір қорабы.*

**БАҚША-БАУ** зат. *Неше түрлі жеміс ағаштары өсіп тұрған жер; бау-бақша.*

**БАҚША-БАУЛЫ** сын. *Бақша-бауы бар, мол.*

**БАҚШАДАЙ** сын. *Бақша сияқты, бақша тәрізді.*

**БАҚ-ШАҚ** сын. *Азан-қазан, шаң-шұң.*

**БАҚШАҚТА**= ет. *Көзі бақшаңдау, бақшаң-бақшаң ету.*

**БАҚШАЛА**[1]= ет. сөйл. **1.** *Парша-паршасын шығарып, ұсақтау.* **2.** ауыс. *Егжей-тегжейін қалдырмай сұрау, тәптіштеу.*

**БАҚШАЛА**[2]= ет. сөйл. *Бақша аралау, ішінде қыдыру.*

**БАҚШАЛАУ** *Бақшала етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚШАЛЫ** сын. **1.** *Бақшасы бар.* **2.** ауыс. *Гүл жайнаған, құлпырған.*

**БАҚШАЛЫ-БАУЛЫ** сын. сөйл. ***Бақша-баулы***.

**БАҚШАЛЫҚ** сын. *Бақшаға арналған; бақшаға қатысты.*

**Бақшалық дақыл**. *Бақшада егілетін дәнді дақылдар.*

**БАҚШАҢ** елік. *Көздің тосыннан бақырайып, адырайып қарағанын бейнелейтін сөз.*

**Бақшаң етті**. *Көзі адыраң ете қалды.*

**БАҚШАҢДА**= ет. *Бақшаң-бақшаң ету.*

**БАҚШАҢДАУ** *Бақшаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚШАҢКӨЗ** зат. мед. <грек. thyreoeioles – қалқан тәрізді, toxiron-y> *Қалқан безіне қа тысты ауру; базедов ауруы.*

**БАҚШАСЫМАҚ** сын. экспр. *Бақша деп айтуға толымсыз, көзге қораш.*

**БАҚШАШЫ** зат. *Бау-бақша күтуші; бағбан.*

**БАҚШАШЫДАЙ** сын. *Бақшашы сияқты, бақшашы тәрізді.*

**БАҚШАШЫЛЫҚ** зат. *Бақша кәсіпшілігі.*

**БАҚШИ**= ет. **1.** *Көзін бақырайту, бақырая қарау.* **2.** ауыс. *Жарқырау, көзге шағылысу.*

**БАҚШИТ**= ет. *Бақырайту, бадырайту.*

**БАҚШИТҚЫЗ**= ет. *Бақырайтқызу, бадырайтқызу.*

**БАҚШИТҚЫЗУ** *Бақшитқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚШИТУ** *Бақшит етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚШЫ** зат. тар. ***Көшірме хатшы.***

**БАҚШЫЛ** сын. *Баққұмар.*

**БАҚШЫЛА**= ет. *Аңдау, түсіну, мәніне тереңдеу.*

**БАҚШЫЛАУ** *Бақшыла етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚШЫРАЙ**= ет. *Көзі бақыраю, ақшыраю.*

**БАҚШЫРАЙТ**= ет. *Бақырайту, ақшырайту.*

**БАҚШЫРАЙТУ** *Бақшырайт етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛ**[1]**: бақыл бол**. сөйл. ***Бақұл бол***.

**Бақыл айтты.** *Қоштасты, бақұлдасты.*

**БАҚЫЛ**[2] зат. *Риза, ықтияр.*

**БАҚЫЛ**[3] зат. *Бақаның, текенің бақылдаған үні.*

**БАҚЫЛ**[4] [ар. بخيل] сын. *Сараң, тойымсыз, ашкөз.*

**БАҚЫЛ**[5] зат. *Сатуға арналған ұсақ-түйек заттар.*

**БАҚЫЛА**= ет. **1.** *Абайлап қарау, байқау.* **2.** *Бағдарлау, шолу, аңду, барлау.* **3.** *Қадағалау, тексеру.*

**БАҚЫЛАҒЫШ** сын. *Сезгіш, аңдағыш.*

**БАҚЫЛАҒЫШТЫҚ** зат. психол. *Аңғарымпаздық, зеректік, байқампаздық.*

**БАҚЫЛАМПАЗ** сын. *Абайлағыш, аңдағыш.*

**БАҚЫЛАМПАЗДЫҚ** зат. *Абайлағыштық, байқампаздық, байқағыштық.*

**БАҚЫЛАН**= ет. *Қаралу, қадағалану.*

**БАҚЫЛАНУ** *Бақылан етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛАНУШЫ** зат. псих. *Арнайы зерттеу, бақылауға алынған нысана (адам, жануар т.б. туралы).*

**БАҚЫЛАС**= ет. *Аңдысу, бақылау жасасу.*

**БАҚЫЛАСУ** *Бақылас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛАТ**= ет. *Қадағалату, қарату, аңдыту.*

**БАҚЫЛАТҚЫЗ**= ет. *Қараттыру, қадағалатқызу.*

**БАҚЫЛАТҚЫЗУ** *Бақылатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛАТУ** *Бақылат етістігінің қимыл атауы; қарату, тексерту, бақылау жасату.*

**БАҚЫЛАУ**[1] зат. <франц. controle> **1.** *Белгілі бір мақсатта зерттеушінің басшылығымен жүргізілетін ғылыми зерттеу әдісі.* **2.** *Тексеру, анықтау.* **3.** *Біреудің тікелей қарауы, байқауы, қадағалау.*

**Бақылауға алынды**. а) *Байқауға алынды; аңду қойылды.* ә) *Сыналды, тәжірибеден өтті.* **Бақылау данасы.** *Баспа орындарының арнаулы нұсқау бойынша әрбір басылымның белгілі бір тиражын мемлекеттік кітап қоймаларына, кітапханаларға тегін беріп тұруы.* **Бақылау диктанты.** пед. *Мектепте оқушылардың жазу сауатын тексеру үшін алынатын тексеру жұмысы.* **Бақылау жоспары.** *Бір зат, не құбылысты шараны қадағалау, тексеру үшін алдын ала жасалатын жоба.* **Бақылау жұмысы.** пед. *Белгілі бір пән бойынша жазылған байқау жұмысы, білімі мен дағдысын есепке алудың түрі, қорытынды тексеру.* **Бақылау жіп.** қолөнер. *Өрмектің екі басын түйіқтап байлайтын жіп.* **Бақылау комиссиясы.** *Белгілі ұйым не мемлекет атынан бақылау жүргізетін комиссия.* **Бақылау қойылды.** *Күзет қойылды, сақтық жасалды.* **Бақылау лабораториясы.** *Байқау лаборато риясы, тәжірибе лабораториясы.* **Бақылау пакеті.** экон. *Акционерлік қоғамның жұмысына ерекше ықпал жасауды қамтамасыз етерліктей акция мөлшері.* **Бақылау пункті.** әск. *Қарсыластың, өз әскерлерінің іс-әрекетін және жергілікті жерді бақылау үшін арнайы жабдықталған орын; күзет орны.* **Бақылау стансысы.** *Белгілі бір құбылыс ты, табиғат құбылысын зерттеуге арналған, құрылғылары бар бекет.* **Бақылау талдауы.** хим. *Бұрынырақ алынған мәліметтерді, оларды алуға қолданылған әдістеме бойынша қайта тексеру мақсатында өткізілетін талдау әдісі.* **Бақылау учаскесі.** *Тәжірибе алаңы.* **Бақылау цифры.** *Әртүрлі жоспарлы өндірістің орындалу дәрежесін белгілейтін цифрлық көрсеткіш.* **Бақылау істерін жүргізу.** *Бақылау, тексеру шаралары.*

**БАҚЫЛАУ**[2] *Бақыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бағдарлау, байқау.* **2.** *Қадағалау, қарау.*

**БАҚЫЛАУ-БАЙҚАУ** зат. *Тексеру, көру.*

**БАҚЫЛАУ-ЗЕРТТЕУ** зат. *Байқау, тексеру, анықтау.*

**БАҚЫЛАУЛЫ** сын. *Бақылауға алынған; аңдулы.*

**БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУІШ** зат. *Кез келген заттың дәл салмағын айыру үшін қолданылатын өлшеуіш, таразы.*

**БАҚЫЛАУСЫЗ** сын. **1.** *Тексерусіз.* **2.** *Қараусыз, иесіз.*

**БАҚЫЛАУСЫЗДЫҚ** зат. *Бақылаусыз қалушылық.*

**БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ** зат. *Анық-қанығына көз жеткізіп байқау.*

**БАҚЫЛАУШЫ** зат. **1**. *Бағушы, күзетуші, барлаушы.* **2.** *Байқап, бақылау жасап отыратын адам не нысан.*

**Бақылаушы байт**. инф. <ағыл. control reading> *Тексеру мақсатында пайдаланылатын байт.*

**БАҚЫЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Бақылаумен айналысу, тексерушілік.*

**БАҚЫЛДА**= ет. **1.** *Бақ-бақ ету.* **2.** *Жағымсыз, бақ-бақ еткен дыбыс шығару.*

**БАҚЫЛДАҚ**[1] зат. *Ұзын сирақтылар тобына жататын кішкентай су құсы, құтан.*

**Бақылдақ құтан.** зоол. <лат. nycticorax nycticorax> *Құтан тектес құстардың отрядына, құтандар тұқымдасына жататын, су жәндіктерімен қоректенетін түн құсы.*

**БАҚЫЛДАҚ**[2] сын. *Бақ-бақ еткіш.*

**БАҚЫЛДАС**[1]= ет. *Бақ-бақ етісу.*

**БАҚЫЛДАС**[2]= ет. сөйл. ***Бақұлдас***.

**Бақылдасып қоштасты.** *Өлім аузында жатқан адаммен қош айтысты.*

**БАҚЫЛДАСУ** *Бақылдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛДАТ**= ет. *Бақ-бақ еткізу, бақырту.*

**БАҚЫЛДАТУ** *Бақылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛДАУ** *Бақылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Бақылдай бергіш.*

**Бақылдауық бақа.** зоол. <лат. nylidae> *Құйрықсыз қос мекенділер отрядына жататын бақа тұқымдасының бір түрі.*

**БАҚЫЛДЫҚ**[1] зат. сөйл. **1.** ***Бақұлдық.*** **2.** *Мәңгілік, бақилық.*

**БАҚЫЛДЫҚ**[2] зат. *Сараңдық, іштарлық.*

**БАҚЫР**[1] зат. көне. *Бір тиыннан бес тиынға дейінгі металл ақша.*

**БАҚЫР**[2] зат. **1.** *Шұңғылдау келген, сабы бар металл ыдыс.* **2.** көне. жерг. *Шелек.*

**Бақыр бас.** *Жалпақтау, үлкен бас.* **Бақыр қазандай.** *Жалпақтау.* **Бақыр шайқау.** жерг. *Кен тазалау, жуу.*

**БАҚЫР**[3] сын. сөйл. ***Пақыр***.

**БАҚЫР=** ет. **1**. *Қатты дауыс шығару, айғайлау, улап-шулау.* **2.** *Дауыс көтеріп, айғайлап ұрсу.* **3.** *Жылау, ойбайлау.* **4.** *Әртүрлі хайуандардың (ешкі, түйе) дыбыс шығаруы.*

**БАҚЫРА-БАҚЫРА** үст. *Айғайлай-айғайлай.*

**БАҚЫРАЙ=** ет. **1.** *Таңырқау не қорқудан көз шарасы үлкею, бақшию.* **2.** *Көз ілмеу, ұйықтай алмау.*

**Бақырайған бойы [қалпы].** *Не істерін білмей, қатты сасқан күйі.*

**БАҚЫРАЙТ=** ет. *Бадырайту, бақшырайту.*

**БАҚЫРАЙТУ** *Бақырайт етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫРАУЫҚ** сын. **1.** *Бақырғыш, бақыра беретін.* **2.** *Айқайлағыш, ұрысқақ.*

**БАҚЫРАШ** зат. **1.** *Кішірек бақыр.* **2.** *Металдан жасалған шөміш, ожау.*

**БАҚЫРАШТАЙ** сын. *Бақыраш тәрізді, бақыраш сияқты.*

**БАҚЫРАЮ** *Бақырай етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫРДАЙ** сын. **1**. *Бақыр сияқты, бақыр тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлкен, жалпайған.*

**БАҚЫРЛЫҚ** сөйл. ***Пақырлық***.

**БАҚЫРТ=** ет. *Айғайлату, бақырған дыбыс шығарту.*

**БАҚЫРТУ** *Бақырт етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫР-ШАҚЫР** зат. *Айқай-ұйқай.*

**БАҚЫРЫП-ШАҚЫРЫП** үст. *Қатты дауыстап, айғайлап.*

**БАҚЫРТЫП-ШАҚЫРТЫП** үст. *Ойбайлатып, бақыртып, шырқыратып.*

**БАҚЫРТЫП–БАЖЫЛДАТ=** ет. *Ойбайлату, шулату.*

**БАҚЫРУ** *Бақыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАҚЫРШЫ**[1] зат. *Жылқышы қосында, далалы жерде ас әзірлеуші; аспаз.*

**БАҚЫРШЫ**[2] зат. *Темір ұстасы.*

**БАҚЫРШЫЛЫҚ**[1] зат. *Ас дайындаушылық, аспаздық.*

**БАҚЫРШЫЛЫҚ**[2] зат. *Темір-терсектен ұсақ-түйек жасауды кәсіп етушілік.*

**БАҚЫТ** [ар. بخت] зат. **1.** *Бақ, зор қуаныш, шаттық.* **2.** *Адамның өмір қызығы мен қуанышына, рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым.*

**Бақытқа бөленді.** *Қуанышқа, шаттыққа кенелді.* **Бақытқа жетті.** *Қуаныш пен шаттыққа ие болды.* **Бақыт қонды**. *Бақ қонды, құт дарыды.* **Бақыт құсы.** миф. *Бақ, шаттық.* **Бақыт құсын аулады**. *Бақытын іздеді.* **Бақыт құшағында.** *Шаттық пен қуанышқа бөленген, арманына жеткен.* **Бақыт құшты**. *Қуаныш пен шаттыққа ие болды, дегеніне жетті.* **Бақыт орнады.** *Бақ қонды, бағы ашылды.* **Бақыт тайды**. *Бақ тайды, бақытсыздыққа ұшырады.* **Бақыт таңы**. *Қуанышты күн.* **Бақыт тапты**. *Бақытты болды, бағын жолықтырды.* **Бақытты [бақты] басқа [маңдайға] тепті.** *Өз бағын өзі қорлады, келген жақсылықты білмеді.* **Бақытты маңдайға [басқа] тепті**. *Өз бағын өзі кесті, бағын бағалай алмады.* **Бақыттың құсы оралды.** бейн. *Бақ қонды, болмай жүрген жолы болды, сәті туды.* **Бақыт тіледі.** *Жақсылық тіледі, бақытты болса екен деп тіледі.* **Бақыты алдында.** *Бар үміті келешегінде, болашақта.* **Бақыты артты [асты].** *Мерейі үстем болды, бағы артты.* **Бақыты ашылды [жанды].** *Бағы ашылды, жолы болды.* **Бақыты бар.** *Бағы бар, бақытты (адам).* **Бақыты баянды.** *Бақытты күндері ұзақ, тұрақты.* **Бақыты күйді.** *Бағы тайды, бақытсыздыққа ұшырады.* **Бақыты қара [қараң].** *Бақсыз, бақытсыз.* **Бақытына қарай.** *Бағына қарай, абырой болғанда.* **Бақытына мас болды.** *Бақытына дандайсыды, кеудесін керді.* **Бақытынан айырылды.** *Бақытсыз болды, қуанышынан ада болды, бағы тайды.* **Бақытын ашқызды**. *Біреудің көмегімен, бір нәрсе арқылы жолын болдырды.* **Бақытын көре алмады.** *Бағын, бақ-дәулетін қызғанды.* **Бақытын тапты.** *Өмірінің қуанышына кез болды, бақытты болды.* **Бақытын түсірді.** *Бағынан, бақытынан айырылды.* **Бақытын ұрлады.** *Бақытсыз етті.*

**БАҚЫТГҮЛ** зат. өс. <лат. chrysanthemum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдік.*

**БАҚЫТҚҰСЫ** зат. *Биіктігі 90-120 см-дей жапырақтары етті, ұзынша, дөңгеленіп келген ұзақ гүлдейтін сұлу гүлдердің бірі.*

**БАҚЫТСЫЗ** сын. *Бағы жанбаған, сорлы.*

**БАҚЫТСЫЗДАУ** сын. *Бақыты аздау.*

**БАҚЫТСЫЗДЫҚ** зат. *Бағы жанбағандық, сорлылық.*

**БАҚЫТТАЙ** сын. *Бақыт сияқты, бақыт тәрізді.*

**БАҚЫТТЫ** сын. *Бағы жанған, арманына жеткен.*

**Бақытты бол.** тілек. *Бағың жансын.* **Бақытты сәт.** *Жолы болған, табысқа кенелген кез.*

**БАҚЫТТЫЛЫҚ** зат. *Бағы жанушылық, шаттыққа кенелушілік, бақытты болушылық.*

**БАЛ**[1] зат. **1.** *Гүл шырынынан ара арқылы алынатын, қоймалжың, шипалы, тәтті тағам.* **2.** ауыс. *Тіл үйіретін, дәмді (тағам).*

**Бал айы.** *Жаңа үйленген ерлі-зайыптылардың бірге өмір сүрген алғашқы айлары.* **Бал арасының зиянкестері.** зоол. *Аралар мен олардың тіршілік өнімдерімен қоректенетін жәндіктер.* **Бал базар.** *Ештемені ойламайтын балғын шақ деген мағынада.* **Бал бармақ [-ты].** *Шебер, майталман.* **Бал бөбек.** *Сүйкімді сәби, нәресте.* **Бал бұлақ.** поэт. *Мөлдір, тұнық бұлақ.* **Бал буын.** *Жас жеткіншектер, кішкентайлар.* **Бал білек.** бейн. *Сәби, бала.* **Балға қонған арадай.** *Топтанып, жан-жақтан қаптап.* **Балдан тәтті.** а) *Тым тәтті, өте дәмді.* ә) *ынтымақты.* **Бал дәурен.** поэт. *Қызықты өмір, балалық шақ.* ә) *Сүйкімді, жағымды.* б) *Өте тату*

**Бал жаласты.** *Өте тату болды.* **Бал кәусар.** *Тамаша, пейіштей.* **Бал көмей**. *Жақсы әнші, шебер орындаушы.* **Бал күн.** поэт. *Ең керемет, қызық күндер.* **Бал қасық.** *Ең кішкене қасық.* **Бал қияқ.** *Тәтті, шүйгін шөп, қияқ.* **Бал қуырдақ.** тамақ. *Жас етті турап, қаймақ салып қуырылатын тағам.* **Бал құйрық.** *Қойдың майлы құйрығы.* **Бал қымыз.** *Дәмі ауызда үйірілетін, әбден пісілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты, жұмсақ қымыз.* **Бал мінез [-ді].** *Жұмсақ мінезді, жайдары.* **Бал сезім.** поэт. *Қызықты да қуанышты көңіл-күй.* **Бал сусын.** *Бабына келген, тәттілігі тіл үйіретін сусын.* **Бал таңдай.** а) *Тілі тәтті.* ә) *Әңгімені майын тамызып, келістіріп айтатын кісі, шешен, ділмар.* **Бал [балдай] татиды [татыр].** *Өте тәтті, дәмді.* **Бал татыды.** *Ерекше дәмді болды.* **Бал ұстаған бармағын жалайды.** *Бір іске, шараға араласқан адам соның пайдасын көреді.* **Бал үн.** *Әсем дауыс.* **Бал шырын.** *Өте тәтті.* **Балы тамған жас қамыс.** поэт. *Өте нәзік, жетілмеген, жаңа желкілдеп өсіп келе жатқан жас мағынасында.* **Бармағынан [саусағынан] бал тамған.** *Асқан шебер; өнерлі.*

**БАЛ**[2] [франц. bal] зат. *Көп адам қатысатын үлкен би кеші.*

**БАЛ**[3] [ир. فال] зат. *Бақсы-балгердің жұртқа құмалақ ашып, сәуегейлік жасауы.*

**Бал ашты.** а) *Құмалақ ашты, карта салды, сәуегейлік етті.* ә) *Болжам айтты, долбарлады, жорамалдады.* **Бал аштырды.** а) *Бақсы-балгерлерге болашағын болжатты.* ә) *Ақыл-кеңес сұрады, ақылдасты, кеңесті.* **Бал аштырып, бақсы ойнатты**. *Бақсы-балгерге сәуегейлік жасатты, тағдырын сынатты.*

**БАЛА** зат. **1.** *Ата-ананың перзенті, ұрпақ; тұқым.* **2.** *Нәресте, сәби, бөбек.* **3.** *Жан-жануарлардың күшігі, құстардың балапаны.* **4.** ауыс. *Ер жетіп ысылмаған; жас, балғын.*

**Бала асырады**. *Бала бақты, бала тәрбиеледі, өсірді.* **Бала асырап алу.** әлеу.-құқық. *Өзінің бел баласы бола алмаған ата-аналардың немесе жалғыз басты әйелдің басқа біреудің не туысқанының баласын бауырына салып, өз баласы етіп өсіруі.* **Бала болмайды.** *Еш нәрсе шықпайды, түк шықпайды, өнбейді.* **Бала бүркіт.** *Жас қыран, балапан бүркіт.* **Бала біткен.** *Барлық бала атаулы.* **Бала бітті.** *Құрсақ көтерді, екіқабат болды.* **Балаға ұқсады.** *Жас баланың қылығын істеді.* **Баладан садаға болды.** *Баладан айырылды, баласы қайтыс болды.* **Бала емес.** *Ересек, ақыл тоқтатқан, тәжірибелі.* **Бала жастан.** *Бала кезінен, кішкентайынан.* **Бала жолдасы.** мед. <лат. placenta> *Ұрықты ана ағзасымен байланыстыратын, ана қанынан қоректік зат пен оттегін алып, зат алмасу нәтижесінде пайда болған заттар мен көмір қышқыл газды қанға шығаратын әйел жатырындағы орган.* **Бала жігіт.** *Жас жігіт, жеткіншек, бозбала.* **Бала зарын тартты.** *Балаға зар болды, баласы болмады, баладан айырылды.* **Бала кез.** *Балалық шақ, балалық дәурен.* **Бала киік.** *Жас киік.* **Бала көкірек.** *Албырт, наңғыш, жас адамның бала көңілі.* **Бала көрді.** а) *Сәбилі болды, нәресте көрді.* ә) *Баласынды, жас санады.* **Бала көрмеді.** *Баласы болмады, нәресте сүймеді.* **Бала көтергіш.** *Баланы жиі табатын (әйел).* **Бала көтерді.** *Құрсақ көтерді, жүкті болды.* **Бала күні.** *Кішкентай кез, балалық дәурен.* **Бала күту.** *Бала бағу, өсіру, қарау.* **Бала қаз.** *Кішкентай қаз.* **Бала қораз.** *Кішкентай қораз.* **Бала құрақ.** *Жаңа шыққан жас шөп.* **Бала құшақтады.** кәс. *Жүгері собық салды.* **Бала қыран.** *Кішкентай қыран.* **Балалар ауруханасы.** *Науқас балаларды жатқызып емдейтін мекеме.* **Балалар ауруы.** мед. *Көбінде балаларда кездесетін ұлпа шешек, қызылша, көкжөтел сияқты аурулардың тобы.* **Балалар әдебиеті**. *Балаларға арналып жазылған немесе балалардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына әсер етіп, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасалған әдеби шығармалар.* **Балалар бақшасы.** ***Балабақша***. **Балалар бөлмесі**. а) *Пәтерлер мен үйдегі балаларға арналған бөлме.* ә) сов. *Милиция бөлімшесінің жанындағы балаларға арналған кабинет, бөлме.* **Балалар дәрігері.** мед. <грек. pais (paidos) – бала, iatreia – емдеу> *Жаңа туған нәрестеден бастап, кәмелетке дейінгі аралықтағы балаларды қарайтын, емдейтін маман-дәрігер.* **Балаларды қорғау.** *Балалардың әлеуметтік экономикалық және құқықтық қорғаудың халықаралық және отандық жүйелері.* **Балалар киносы.** *Балалар мен жас өспірімдерге арналған көркем, мультипликациялық, хроникалық-деректі және ғылыми-көпшілік фильмдерінің жалпы атауы.* **Балалар коммунасы.** тар. совет. *Кеңес үкіметінің алғашқы*

*жылдарында панасыз балаларды тәрбиелеу мақсатымен құрылған мекеме.* **Балалар кітапханасы.** *Балалар мен жасөспірімдерге, оқи алатын мектепке дейінгі балаларға қызмет көрсететін кітапхана.* **Балалар қылмысы.** *Балалар мен жасөспірімдердің қоғамға қауіпті әрекеті.* **Балалар музыкасы.** *Балалардың орындауына және тыңдауына арналған музыка.* **Балалар стоматологиясы.** мед. *Бала тістері мен ауыздың шырышты қабықтарын емдеуді жетілдіру және алдын алу шараларын қарастыратын сала.* **Балалар суреті.** *Бейнелеу өнерінің әртүрлі саласымен шұғылданатын балалар шығармалары.* **Балалар үйі.** *Ата-анасы жоқ жетім балалар тәрбиеленетін орын.* **Баламның өлігіне отырайын!** қарғ. *Баламның өлігін күзетейін, аза тұтайын!* **Бала мінез [-ді].** *Аңқау, адал, ақкөңіл.* **Бала нар.** *Кішкентай нар.* **Бала нардай.** *Нардың төлі сияқты.* **Баланың алымы.** этн. *Тілі шықпаған сәби үйге алғаш рет келгенде жасалатын ырым.* **Баланың зарын тартты.** *Баласы болмады, балаға зар болды.* **Баланың итауруы.** *Жас баланың басы үлкейіп, аяғы шидиіп, қарны қампайып ауыратын ауруы; рахит.* **Баланы төсегімен көтерді.** *Баланы емшек сүтімен көтерді.* **Бала өсірді [қыз өсіріп, ұл ұстады].** *Ата-ана болды, бала сүйіп, ержеткізді, елге сыйлы әке, шеше атанды.* **Бала психологиясы.** псих. *Баланың психикалық дамуының заңдылықтарын зерттейтін психология саласы.* **Бала сұңқар.** *Жас сұңқар.* **Бала сүйді.** *Балалы болды, перзентті болды.* **Баласы тұрмады**. *Баласы өле берді.* **Бала тапты.** *Сәбилі болды, бала туды.* **Бала тастады.** *Түсік тастады, баласы өлі туды.* **Бала торсық.** *Кішкентай торсық.* **Бала тышты.** этн. *Нәрестені бесікке саларда жасалатын ырым.* **Бала тілі.** *Баланың тілі шыға бастаған екі-екі жарым жасынан ана тілінде таза, дұрыс сөйлей бастаған сегіз-тоғыз жасына дейінгі аралықта қалыптасқан қызық та қылықты тілі.* **Бала үстінде қайтыс болды [о дүниеге жөнелді].** *Босанып жатып қайтыс болды.* **Бала шақ.** *Балалық шақ.* **Бала шәкірт.** *Жас шәкірт.* **Бала шетінеді.** *«Бала қайтыс болды» деген мағынаны білдіретін сөз.*

**БАЛА**= ет. *Тең көру, бірдей санау, теңеу.*

**БАЛА-БАЖЫР** зат. жерг. *Бала-шаға.*

**БАЛАБАҚША** зат. *Мектепке дейінгі балалар тәрбиеленетін орын.*

**БАЛАБАСТЫ** сын. *Көп балалы.*

**БАЛАҒАН** зат. **1.** *Қабырғалары ағаштан құрастырылып, шөппен жабылған уақытша баспана.* **2.** көне. *Театр, цирк және эстрадалық ойын-сауық көрсету үшін уақытша тұрғызылған үй-жай.*

**БАЛАҒАНДАЙ** сын. *Балаған сияқты, балаған тәрізді.*

**БАЛАҒАНСЫ**= ет. *Бірдей санағансу, теңегенсу.*

**БАЛАҒАТ**[1] зат. *Біреудің намысына, ар-ұятына кір келтіретін бейпіл, былапыт сөз.*

**БАЛАҒАТ**[2] зат. сөйл. ***Балиғат.***

**БАЛАҒАТТА**= ет. *Жаман сөз айту, боқтау, тіл тигізу.*

**БАЛАҒАТТАС**= ет. *Айқайласу, қатты сөздер айту, боқтасу.*

**БАЛАҒАТТАСУ** *Балағаттас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАҒАТТАТ**= ет. *Біреуге жөнсіз жаман сөз айтқыздырту.*

**БАЛАҒАТТАТУ** *Балағаттат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАҒАТТАУ** *Балағатта етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАҒАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Балиғаттық.***

**БАЛАҒАТШЫЛ** сын. *Балағат сөз айтқыш; бейпілауыз.*

**БАЛАҒЫЗҒЫШ** зат. тех. *Ара ұясынан балды ағызатын механизм.*

**БАЛАДАЙ** сын. *Бала сияқты, бала тәрізді.*

**БАЛАЖАН** сын. *Баланы жақсы көретін (адам).*

**БАЛАЖАНДЫ** сын. сөйл. ***Балажан.***

**БАЛАЖАНДЫҚ** зат. сөйл. ***Балажандылық.***

**БАЛАЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Баланы жақсы көрушілік.*

**БАЛА-ЕКЕШ: бала-екеш бала да**. *Баланың өзі, балаға дейін.*

**БАЛАКЕС** зат. сөйл. ***Балакіс.***

**БАЛАКІС** зат. *Кістің төлі.*

**БАЛАҚ** зат. **1.** *Шалбардың, дамбалдың тізеден төменгі жағы.* **2.** *Құстардың табаннан жоғарғы жері.* **3.** *Ноқтаның, шідердің, бұйданың бекітілетін, байланатын жағы, ұшы.* **4.** ауыс. *Ойлы-қырқалы жердің аяқ шені, шет жағы.*

**Балағына ит жармасты.** *Көре алмайтындар қастық ойлап, өсіп-көтерілуіне кедергі келтірді.* **Балағының биті бар.** ***Талағының биті бар.*** **Балақ бөлік.** бот. *Өсімдіктің тамырдан жоғарғы жері.* **Балақ жүн.** а) *Балтыр түгі.* ә) *Қой, ешкі, түйелердің аяқ жағының жүні.* б) *Бүркіт санында болатын қалың, мамық, майда жүндер.* **Балақ жүні жеткен жоқ.** *Ержетпеген, бойы қатып, буыны бекімеген.* **Балаққа бала оралсын.** тілек. *Нәрестелі бол, балалы бол деген мағынада.* **Балақтағы бит басқа шықты [өрмеледі].** *Жаман, нашар адам басынды, қорлады.*

**БАЛАҚАЙ** зат. **1.** *Назар аударту үшін үлкендердің кішілерге айтатын қаратпа сөзі.* **2.** экспр. *Біреуді өзінен кіші санау, еркелету мәнінде қолданылатын атауыш.*

**БАЛАҚАЙЛА**= ет. *Балақай-балақай деу.*

**БАЛАҚАЙЛАУ** *Балақайла етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАҚАН** зат. экспр. ***Балақай.***

**БАЛАҚБАУ** зат. *Саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі) аяқтарына тағылатын қайыс бау.*

**БАЛАҚ-ЖЕҢ** зат. *Киімнің балағы мен жеңі.*

**БАЛАҚПАН** зат. сөйл. ***Сақпан.***

**БАЛАҚСЫЗ** сын. *Балағы жоқ.*

**БАЛАҚТА**= ет. **1.** *Таудың, дөңнің етегін ала жүру.* **2.** *Өсімдіктің түп жағынан молайып өсуі.*

**БАЛАҚТАУ** *Балақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАҚТЫ** сын. *Балағы бар.*

**БАЛАҚҰМАР** сын. ***Балажан.***

**БАЛАЛА**[1]= ет. **1.** *Төлдеу, күшіктеу.* **2.** ауыс. *Көбею, туындау.*

**БАЛАЛА**[2]= ет. *Бала-бала деу, ет-бауыры елжіреу.*

**БАЛАЛАЙКА** ор. зат. *Орыстың үш ішекті ұлттық музыкалық аспабы.*

**БАЛАЛАЙКЕШ** зат. сөйл. *Балалайкада ойнайтын адам.*

**БАЛАЛАТ**= ет. **1.** *Төлдету, күшіктету, тудыру.* **2.** ауыс. *Көбейту, туындату.*

**БАЛАЛАТУ** *Балалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАЛАУ**[1] сын. *Жастау, баландау.*

**БАЛАЛАУ**[2] *Балала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАЛЫ** сын. **1.** *Баласы бар, баласы көп.* **2.** *Төлі бар (жан-жануар).*

**Балалы әйел.** а) *Қолында баласы бар, бала ұстаған әйел.* ә) *Нәрестесі, баласы бар, бала туған әйел.* **Балалы болды.** *Бала көрді, бөпелі болды.* **Балалы үй.** *Дабыр-дұбырлы, бала-шағалы, өсіп-өніп жатқан ұрпақ жалғастығы бар үй.*

**БАЛАЛЫҚ**[1] зат. *Кәмелетке толмаған балғын шақ.*

**Балалығы ұстады.** а) *Бала кезі есіне түсті, бала болғысы келді.* ә) *Балаға тән іс істеді, ойнап күлді.* **Балалық жасады [істеді].** *Баланың ісін істеді; білместік етті, жаңылды.* **Балалықтың базары**. *Жастық шақтың қызығы, думаны.*

**БАЛАЛЫҚ**[2] сын. *Балаға тән, балаға лайық; балаға арналған.*

**Балалық дәуір.** *Бала кез, балғын шақ.* **Балалық күн [кез, шақ].** *Бала кез, балғын шақ, балалық дәуір.* **Балалықтың кекілі қарақұсқа ығысты.** поэт. окказ. *Кәрілік келді, уақыт өтіп, адамның жасы ұлғайды.* **Балалық шақ.** зат. *Адам өмірінің бүлдіршін кезінен ержету, бойжету кезеңіне дейінгі кезеңі.*

**БАЛАЛЫ-ШАҒАЛЫ** сын. *Үйлі-баранды, отбасы бар; бала-шағасы көп.*

**БАЛАМА** зат. **1.** <франц. alternative> **1.** *Екінші бір заттың, атаудың орнына жүретін, соған тең, барабар, сай келетін нәрсе, атау.* **2.** <лат. aequus – тең, valens – күші, мәні, бағасы бар> *Бірнеше мүмкіндіктің ішінен біреуін таңдау қажеттілігі.*

**Балама білім беру.** пед. *Дәстүрлі білімге қосымша, кейде оған қарсы сипатта көрінетін білім түрі.* **Балама жиын.** мат. *Өзара сәйкес, бір-біріне балама бола алатын топ.* **Балама педагогика.** пед. *Қоғамдағы мемлекеттік тұрғыдағы педагогикаға балама ғылыми тәлімдік білім жүйесі.*

**БАЛАМАЛА**= ет. *Теңеу, теңестіру, бірдей деп қарау.*

**БАЛАМАЛАУ** *Баламала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАМАЛЫ** сын. *Сайламалы, таңдау мүмкіндігі бар.*

**Баламалы кино.** *Кино өнеркәсібінен және прокат жүйелерінен тыс жасалып және таратылатын, шығармалар жиынтығын білдіретін жиынтық түсінік.* **Баламалы шығын.** экон. *Тауар өндіруге немесе қызмет көрсетуге ұсталған шығын.*

**БАЛАМАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Баламалы.***

**Баламалық қозғалыстар.** *Әлемдік, мемлекеттік не жергілікті деңгейдегі мәселелердің дәстүрлі ресми тәсілдерінен өзгеше, соны шешімін табуға тырысатын қоғамдық қозғалыстар.*

**БАЛАМАСӨЗ** зат. *Сырттан енген термин не аталымды ұлт тілінде ашып бере алатын сөз.*

**БАЛАМАСЫЗ** сын. *Жалғыз, басқа таңдау мүмкіндігінсіз.*

**Баламасыз айырбас.** экон. *Тауарды өндіруге жұмсалған шығындар мен оны сыртқы экономикалық мәміле арқылы қайтарудың арасындағы пропорцияның ұдайы бұзылуы.*

**БАЛАМАН** зат. муз. *Әзірбайжан, дағыстан халықтарының үрмелі музыкалық аспабы.*

**БАЛАМҰРТТАН**= ет. *Ептеп мұрт шығу.*

**БАЛАМЫ** зат. сөйл. ***Балама.***

**БАЛАН**= ет. *Теңелу, басқа нәрсеге барабарлану.*

**БАЛАНИТ** [грек. balanos] зат. мед. *Күпектің және ұрпі басы терісінің қабынуы.*

**БАЛАНОГЛОСС** зат. зоол. *Жартылай хордалылар типіне жататын, теңізде тіршілік ететін өкілі.*

**БАЛАНОПОСТИТ** зат. *Айғырда, бұқада, қабан мен итте жиі кездесетін күпектің ішкі қабығының қабынуы.*

**БАЛАНС** [франц. balance] зат. **1.** *Тепетеңдік, теңдестіру.* **2.** экон. *Теңгерім.*

**БАЛАНСИР** [франц. balancier] зат. тех. *Білік айналасында тербелмелі қозғалыс жасайтын, күш бергіш, қос иінді рычаг.*

**БАЛАНС-НЕТТО** [лат. netto] зат. экон. *Негізгі құрал-жабдық пен материалдық емес*

*активтер баланстық құнмен көрсетілетін, тозу сомасын шегеріп тастай отырып көрсетілетін баланс.*

**БАЛАНСТЫҚ** сын. экон. *Балансқа тән, балансқа қатысты.*

**Баланстық көрсеткіш.** экон. *Фирманың немесе кәсіпорынның қызметін сипаттайтын нәтижелер.* **Баланстық құн.** экон. *Негізгі қорлар мен айналым қаржыларын бухгалтерлік баланста ақшаға шағу арқылы бағалау.* **Баланстық пайда.** экон. *Кәсіпорынның кіріс пен шығыс балансында көрсетілетін бухгалтерлік пайда.*

**БАЛАНТ** [ир. بلند ] сын. *Жоғары, биік.*

**Балант жер.** *Биік жер, төбе.*

**БАЛАНТИДИАЗ** зат. мед. *Протезойлар туындататын жұқпалы ауру.*

**БАЛАҢ** сын. **1.** *Жас, балғын.* **2.** ауыс. *Пісіп жетілмеген, кемеліне келмеген, есеймеген.*

**Балаң жас.** *Жасөспірім шақтан ересек кезеңге өту шағы.* **Балаң мінез.** *Балаға тән әр нәрсеге қызыққыш, еліктегіш қасиет.* **Балаң үйрек.** этн. *Балалардың «қуырмаш»ойынындағы сұқ саусақтың аты.*

**БАЛАҢДАУ** сын. **1.** *Балалау, жастау.* **2.** *Пісіп жетілмеген, тәжірибесіз, ысылмаған.*

**БАЛАҢДЫҚ** зат. *Жастық, балғындық.*

**БАЛАҢДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Балаңдық.***

**БАЛАҢҚЫ** сын. жерг. ***Балаңдау.***

**БАЛАПАН** зат. **1.** *Құс атаулының баласы; қанаты қатаймаған кезі.* **2.** ауыс. *Еркелету мағынасында балаға айтылатын сөз.* **3.** ауыс. *Кішкентай, жас, піспеген, балғын.*

**Балапан ашты.** *Жұмыртқа шайқап, балапан шығарды.* **Балапан әжім.** *Көздің айналасына түскен ұсақ, жаңадан түскен әжім.* **Балапан балық.** *Тұқылар тобына жататын кішкентай балық.* **Балапан [жұмыртқа] басты.** *Жұмыртқадан балапан шығарды.* **Балапан басына, тұрымтай тұсына.** *Әркім өзінше, өз жөнімен, беталды.* **Балапан баулыды.** *Балапанын ұшуға үйретті, жаттықтырды.* **Балапан бұтақ.** *Ағаштың дінінің, ірі бұтақтарының бойында қылтиып жаңадан пайда болған өркендері.* **Балапан еті.** *Жеті айға жетпеген тауық балапандарының еті.* **Балапан жаңбыр.** *Себезгілеген, жұмсақ жаңбыр.* **Балапан жүн.** *Кішкентай, жаңа шыққан жүн.* **Балапан жыр.** поэт. *Алғашқы жыр, жастық шақтағы шығармашылық.* **Балапан құс.** *Жас, қанаты қатаймаған құс.* **Балапан құстай оңдалды.** *Ұшуға оңтайланды, талаптанды, талпынды.* **Балапан тау.** *Кішкентай тау.* **Балапан торғай.** *Әлі жетіле қоймаған, кішкентай торғай.* **Балапан түйнек.** *Уақ, ұсақ түйін.* **Балапан түк.** *Қысқа, жаңадан шыға бастаған түк.* **Балапан шақ.** *Кішкентай, бала кез.* **Балапан шаш.** *Жаңадан шығып келе жатқан майда, жұмсақ маңдай шаш.* **Балапан шығарды.** *Жұмыртқа басып шығарды.*

**БАЛАПАНДА=** ет. **1.** *Жұмыртқа басып балапан шығару.* **2.** ауыс. *Қаулай өсу, туындау, көбею.* **3.** ауыс. *Етек алу, жайылу.* **4.** ауыс. *Туындау, өрбу.*

**БАЛАПАНДАҒЫШ** сын. *Балапан шығарғыш, балапан басқыш.*

**БАЛАПАНДАҒЫШТЫҚ** зат. *Балапан шығарғыштық.*

**БАЛАПАНДАЙ** сын. **1.** *Балапан сияқты, балапан тәрізді.* **2.** ауыс. *Тәп-тәтті, сүйкімді.*

**БАЛАПАНДАУ[1]** сын. *Балалау, жастау.*

**БАЛАПАНДАУ[2]** *Балапанда етістігінің қимыл атауы; балапан шығару.*

**БАЛАПАНДЫ** сын. *Балапаны бар, балапаны көп.*

**БАЛАПАНҚҰРТ** зат. вет. *Малдың ішіндегі құрттардың өсіп-жетілген түрі.*

**БАЛАПАНША** үст. *Балапан тәрізді, балапанға ұқсап.*

**БАЛАРА** зат. зоол. <лат. aris mellifera> *Отбасы болып өмір сүретін, бал жинайтын ұй арасы.*

**Балара желімтегі.** <грек. propolis> *Балараларының ұя қабырғаларын сылайтын, бактерия лардан қорғайтын желімді заттек; прополис.*

**БАЛАРҚАЛЫ** сын. *Шөбі мол, шүйгін деген мағынада.*

**БАЛАС=** ет. *Бірдемеге тең, барабар десу.*

**БАЛАСЫ: жаз баласы**. *Жаз бойы.*

**БАЛАСЫЗ** сын. *Баласы жоқ.*

**БАЛАСЫЗДЫҚ** зат. *Баласы жоқтық.*

**БАЛАСЫН=** ет. *Бала деп қарау; бала санау, бала көру.*

**БАЛАСЫНУ** *Баласын етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАСЫРА=** ет. *Бала сүйгісі келу, бала деп өліп-өшіп, бала тілеу.*

**БАЛАСЫРАУ** *Баласыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАСЫТ=** ет. *Бала көру, әлі бала деп санау.*

**БАЛАСЫТУ** *Баласыт етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАТ=** ет. *Біреуге, бірдемеге теңету, теңдеп санату, теліту.*

**БАЛАТУ** *Балат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАУ[1]** зат. сөйл. ***Палау.***

**БАЛАУ[2]** зат. сөйл. ***Балауса*** *(шөп).*

**БАЛАУ[3]** *Бала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАУЛЫ** сын. *Телулі, байлаулы.*

**БАЛАУЛЫҚ** зат. *Телушілік, байлаушылық.*

**БАЛАУРА=** ет. сөйл. *Балбырау, маужырау.*

**БАЛАУСА[1]** зат. *Жас, жаңа шыққан шөп.*

**БАЛАУСА[2]** сын. **1.** *Жас, әлі толық піспеген.* **2.** *Кішкентай, жас.* **3.** ауыс. *Жасөспірім, балғын.*

**Балауса кезең.** *Өсімдіктердегі тұқымнан жас өскіннің пайда болуынан бастап гүлдегенге дейінгі кезең.* **Балауса құрақ.** *Құрақтың жас, балғын түрі.* **Балауса шалғын.** *Жас, енді көктеп келе жатқан шөп.*

**БАЛАУСА[3]: балауса шам**. сөйл. ***Балауызшам.***

**БАЛАУСА-БАЛҒЫН** сын. *Жас, жетілмеген, ержетпеген.*

**БАЛАУСАДАЙ** сын. **1.** *Балауса сияқты, балауса тәрізді.* **2.** ауыс. *Жас, есеймеген, ержетпеген.*

**БАЛАУСАЛАН=** ет. *Табиғаттың жаңа пісіп, көгеріп, көктеп келе жатуы.*

**БАЛАУСАЛАП** үст. *Көктеп, көгеріп.*

**БАЛАУСАЛАУ** сын. *Әлі жетіле қоймаған, жас.*

**БАЛАУСАЛЫ** сын. *Балаусасы көп, көк шалғынды (жер).*

**БАЛАУСАЛЫҚ** зат. *Жетілмегендік, толыспағандық, піспегендік.*

**БАЛАУСЫЗ** сын. **1.** *Балауы жоқ, теңеуі жоқ.* **2.** *Астарсыз, әзілі жоқ, жеңіл-желпі.*

**БАЛАУЫЗ[1]** зат. **1.** *Ара құрсағының ішкі жағында орналасқан без.* **2.** *Араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.* **3.** ауыс. *Жас, балғын.*

**БАЛАУЫЗ[2]** зат. ***Балауыз шам.***

**Балауыз кескіндеме.** *Бояу құрамындағы заттарды бір-бірімен байланыстыру үшін балауыз қолданылатын, сирек кездесетін кескіндеу өнерінің тәсілі.* **Балауыз мүсіндер.** *Атақты, танымал адамдардың балауыздан жасалған тұлғалары.* **Балауыз шам.** *Тез қататын сиыр, ешкі майларынан, парафиннен жасалынған білтелі құйма шам.* **Балауыз шырмауық.** бот. ***Балауызағаш.***

**БАЛАУЫЗ[3]** зат. биол. *Өсімдік жасушасының қабықшасында болатын, құрамында қышқыл, спирт, көмірсулары бар майқышқылынан тұратын күрделі эфир.*

**БАЛАУЫЗАҒАШ** зат. өс. <лат. hoya carnosa> *Түйетабан тұқымдасына жататын мәңгі жасыл бұта.*

**БАЛАУЫЗДА=** ет. *Балауыз жағу, құю.*

**БАЛАУЫЗДАЙ** сын. *Балауыз сияқты, балауыз тәрізді.*

**БАЛАУЫЗДАН=** ет. *Дәнді дақылдың сүттенуі.*

**БАЛАУЫЗДАНУ** *Балауыздан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛАУЫЗДЫ** сын. *Балауызы бар.*

**БАЛАХАНА** зат. **1.** *Үйдің екінші қабаты, жоғарғы үй.* **2.** *Балалар бөлмесі.* **3.** *Көші-қон кезінде түйенің үстіне салынатын қом.*

**БАЛАХАНАЛЫ: балаханалы үй**. жерг. *Қабатты үй.*

**БАЛАША** үст. *Балаға ұқсап, бала тәрізді.*

**Балаша иланды [сенді]**. *Әбден сенді, ойсыз сенді.* **Балаша көтерді.** *Ауырсынбай, жеңіл көтерді.* **Балаша қуанды.** *Сәби құсап мәз болды, шын қуанды.* **Балаша мәз болды**. *Сәби сияқты қаяусыз, шын қуанды.*

**БАЛА-ШАҒА** зат. **1.** *Үй іші, отбасы.* **2.** *Кішкентай балалар.*

**Бала-шағаңның игілігін көр!** алғыс. *Бала өсіріп, жұмсап, қызығын көр, қуанышқа кенел деген мағынада.* **Бала-шағасын [қатын-баласын] шұбыртып.** *Қандай да бір нәрсені сұрауға, сұрануға балаларының, отбасының көптігін көрсетіп, сылтау етіп.*

**БАЛА-ШАҒАЛЫ** сын. **1.** *Отбасы үлкен, жас балалары көп.* **2.** *Үйлі-жайлы, тұрмыс құрған, үйленген.*

**БАЛА-ШАҒАСЫЗ** сын. *Үйленбеген, жалғыз басты.*

**БАЛАШЫҚ[1]** зат. жерг. *Қысқалау керегелік желі.*

**БАЛАШЫҚ[2]** зат. бот. *4-5 жылдық аласа жас қарағай.*

**БАЛАШЫҚ[3]** зат. *Өсімдіктің жас өркені.*

**БАЛАШЫҚ[4]** зат. сөйл. *Іштен шыққан бала.*

**БАЛБАЛ** зат. ***Балбалтас.***

**БАЛ-БАЛАУСА** сын. *Жас, бойжеткен.*

**БАЛБАЛТАС** зат. көне. *Тас мүсіннің жанына тізбектеле қойылатын сәл ғана өңделген, көбінесе өңделмеген кішірек тасбағаналар тізбегі.*

**БАЛБАНА** зат. *Тас мүсін.*

**БАЛБАНДА=** ет. *Қорбаңдап жүру.*

**БАЛБАС: балбас қойы**. ауылшар. *Ет, сүт, жүн беретін, тегене құйрықты, қалың жүнді қой тұқымы.*

**БАЛБАСЫ** зат. кәс. *Құмалақ, карта аштырғанда беретін ақша.*

**БАЛБЕР** зат. кәс. *Ауға байлайтын қалтқы.*

**БАЛ-БҰЛ** елік. *Бетінде нұр ойнап, түрі әдемілегенді бейнелейтін сөз.*

**Бал-бұл жайнады.** *Ажары райланып құлпырды.* **Бал-бұл жанды**. *Бетінде нұр ойнап, өңі ажарланды.*

**БАЛ-БҰЛДА=** ет. *Көзіне жас толып, жанары жарқырап көріну.*

**БАЛБЫР** сын. **1.** *Жұмсақ, езілген.* **2.** ауыс. *Тамылжыған, мүлгіген.*

**БАЛБЫРА=** ет. **1.** *Маужырау.* **2.** *Тамақтың езіліп пісуі; жемістің бабына келіп уылжуы.* **3.** ауыс. *Тамылжу, мүлгу.* **4.** ауыс. *Елжіреу, еміреу.* **5.** ауыс. *Үлбіреу, уылжу.*

**Балбырап сала берді**. *Елжіреді, еміренді.*

**БАЛБЫРАС=** ет. *Бір-біріне елжіреу.*

**БАЛБЫРАТ=** ет. *Елжірету, уылжыту, үлбірету.*

**БАЛБЫРАУ** зат. *Елітетін, еліктіретін күш.*

**БАЛБЫРАУЫН** зат. бот. <лат. pimpinella> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БАЛГЕР** [ир. فالگیر ] зат. *Бал ашатын адам, сәуегей.*

**БАЛГЕРЛІК** зат. *Бал ашушылық, сәуегейлік.*

**БАЛГЕРСІЗ** сын. *Сәуегейсіз.*

**БАЛҒА** зат. *Әртүрлі затты [шегені т.б.] қағуға, ұруға, шыңдауға арналған, шойынды басы бар, сапты құрал.*

**Балға ұру.** *Аукционда жеңімпазды жариялау рәсімі.*

**БАЛҒАБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. sphyrna zygaena> *Акула тәрізділер отрядына жататын балық.*

**БАЛҒАДАЙ** сын. *Күшті, мықты.*

**БАЛҒАЛА=** ет. *Балғамен ұру, соғу.*

**БАЛҒАЛАС** сын. *Үндес, ұрандас.*

**БАЛҒАЛАТ=** ет. *Балғамен ұрғызу, тарсылдату.*

**БАЛҒАЛЫ** сын. *Балғасы бар.*

**Балғалы ұнтақтағыш.** *Қатты материалдарды ұнтақтауға арналған мәшине.* **Балғалы ұсатқыш.** кен. *Тез жарылатын морт қазындыларды ұсатуға арналған, қозғалмалы бөліктерімен соғатын уатқыш машина.*

**БАЛҒАСАП** зат. *Балғаның ағаштан, темірден жасалған сабы.*

**БАЛҒА-ОРАҚ** зат. тар. *Кеңес дәуірі жұмысшылары мен шаруаларының бірлігін білдіретін эмблема.*

**БАЛҒАСЫЗ** сын. *Балғасы жоқ, балғамен емес.*

**БАЛҒА-ТӨС** зат. *Ұста саймандары.*

**БАЛҒАША** зат. тех. *Балғалы ұнтақтағыштың ішіне түскен өнімді машинаның ішкі қорабындағы декаларға ұрғылап ұнтақтайтын, роторға бекітілген ұнтақтау органы.*

**БАЛҒАШЫ** зат. *Балға соғушы, темір ұстасы.*

**БАЛҒАШЫҚ**[1] зат. тех. *Әртүрлі затты ұруға арналған құрылғыдағы кішкене бөлшек, құрал.*

**БАЛҒАШЫҚ**[2] зат. анат. <лат. malleus> *Орта құлақтағы есту сүйекшелерінің бірі.*

**БАЛҒАШЫЛЫҚ** зат. *Балға соғу кәсібі, ұсташылық.*

**БАЛҒЫН**[1] зат. бот. <лат. myricaria> *Жыңғылдар тұқымдасына жататын бұта.*

**Балғын арша.** биол. <лат. juniperus turkestanica> *Арша тұқымына жататын, биіктігі 1-2 м. мәңгі жасыл, көпжылдық бұта.*

**БАЛҒЫН**[2] сын. **1.** *Әлі өсіп жетілмеген, балауса (өсімдік).* **2.** ауыс. *Толықсыған, уылжыған.* **3.** ауыс. *Жас, балауса.* **4.** ауыс. *Сүйкімді, нәзік.* **5.** ауыс. *Пәк, таза, бейкүнә.*

**Балғын арша.** биол. <лат. junipures turkestanica> *Арша тұқымына жататын, биіктігі 1-2 м мәңгі жасыл, көпжылдық бұта.* **Балғын [уыз] дене.** *Уылжыған жас.* **Балғын денелі.** *Жас.* **Балғын жас.** *Есеймеген, буыны қатаймаған жасөспірім.* **Балғын жүз [өң].** *Жас, балауса, нәзік бет-бейне.* **Балғын махаббат.** *Жас, балауса сезім.* **Балғын рең.** *Жасқа тән өң, ышырай.* **Балғын шақ.** *Жасөспірім, балаң кез.*

**БАЛҒЫНДАЙ** сын. *Балғын тәрізді, балғын сияқты.*

**БАЛҒЫНДАН=** ет. *Қайта түлеу, уылжу, жасару.*

**БАЛҒЫНДАНУ** *Балғындан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛҒЫНДАТ=** ет. *Жасарту, жас қалпында қалдыру.*

**БАЛҒЫНДАТУ** *Балғындат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛҒЫНДАУ** сын. **1.** *Жастау, көктеу.* **2.** ауыс. *Балаңдау.*

**БАЛҒЫНДЫ** сын. *Балғыны көп.*

**БАЛҒЫНДЫҚ** зат. *Уылжыған жастық.*

**БАЛҒЫНЫРАҚ** сын. *Жасырақ.*

**БАЛДАЙ** сын. **1.** *Бал сияқты, бал тәрізді тәтті, дәмді.* **2.** ауыс. *Жағымды, жанға дәру.*

**Балдай батып, судай сіңді.** *Жанына жақты, бойына дарыды.* **Балдай тату.** *Арадан қыл өтпестей дос.* **Балдай татыды.** *Майдай жақты, сіңді.* **Балдай тәтті.** а) *Тату-тәтті, сыйлас.* ә) *Қызықты, ыстық.* б) *Тіл үйіретін, өте тәтті, жағымды.* **Балдай ұйыды.** *Тыныштықта, тату-тәтті өмір сүрді.* **Балдай [балша] шұбатылған.** *Биязы мінезді, жайлы.*

**БАЛДАЙЫН** сын. фольк. *Бал сияқты.*

**БАЛДАҚ**[1] зат. **1.** *Аяғы кемтар адамның сүйеніп жүруі үшін арнайы жасалған таяныш құралы.* **2.** *Саятқа шыққанда бүркіт, қаршыға т.б. құстарды ат үстінде алып жүру үшін ердің алдыңғы қасына орнатылған ашалы тіреу.* **3.** *Алтын, күміс жапқан орындықтың таянышы.* **4.** кәс. *Сүзектің ішіндегі балықтың мөлшерін байқауға қажетті құрал (ұзындығы 5-6 м түзу ағаш).*

**БАЛДАҚ**[2] зат. **1.** зерг. *Алтыннан немесе күмістен жасалған көзі жоқ сақина.* **2.** *Қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.* **3.** *Қайшының саусақ кигізетін тұтқасы.* **4.** *Шымылдықтың екі жақтауы, бау өткізетін шығыршығы.*

**Балдағы алтын айболат [құрыш болат, ақ болат].** *Алтын жалатылған балдақты айболат.* **Балдағы алтын ақ [ай, құрыш] болат.** фольк. *Сапалы, өткір қылыш.* **Балдағынан батырды.** *Қылышты сағағына дейін сұңгітті.* **Балдақтан кетті.** *Сағасынан үзілді, сынды.*

**БАЛДАҚСЫЗ** сын. *Балдағы жоқ.*

**БАЛДАҚТА=** ет. *Балдақпен жүру.*

**БАЛДАҚТАМЫР** зат. бот. *Өсімдік діңінің төменгі жағынан өсетін жанама тамыр.*

**БАЛДАҚТЫ** сын. *Балдағы бар.*

**БАЛДЫ**[1] сын. **1.** *Балы бар, балы көп.* **2.** ауыс. *Бақытты, қаннен-қаперсіз (шақ).*

**Балды бармақ.** *Өз ісіне жетік, шебер; бармағынан бал тамған.* **Балды өсімдіктер.** *Гүлінен баларасы шірне, тозаң жинайтын жабық тұқымды өсімдіктер тобы.* **Балды таңдай [тіл].** поэт. *Тілі тәтті.*

**БАЛДЫ**[2]**: балды да, балсыз да болмады.** жерг. *Үмітті де, үмітсіз де болмады; екіұдай.*

**БАЛДЫЗ** зат. **1.** *Ер адам әйелінің сіңлілері.* **2.** жерг. *Ер адам әйелінің жасы кіші туыстары.*

**БАЛДЫЗДАЙ** сын. *Балдыз сияқты, балдыз тәрізді.*

**БАЛДЫЗДЫҚ** сын. *Балдызға тән, балдызға қатысты.*

**БАЛДЫЗЖАН** зат. *Ер адамның балдызына қарата айтатын еркелету мәніндегі атауыш сөзі.*

**БАЛДЫҚ** сын. **1.** *Табиғат құбылыстарының қуатын өлшейтін бірлік ретіндегі он балдан тұратын жүйе.* **2.** пед. *Оқу орындарында, спортта үлгірім сапасының өлшем жүйесінің өлшем бірлігі ретіндегі балдан тұратын, балмен есептелетін.*

**Балдық жүйе.** *Бал қою арқылы есептеу немесе бағалау жүйесі.*

**БАЛДЫР**[1] зат. өс. <лат. algae> *Төменгі сатыдағы өсімдіктер қатарына жататын, ұрық шашу арқылы көбейетін, құрамында хлорофилі бар, су астындағы топырақтың беткі қабатында өсетін жұмсақ шөп.*

**Балдыр басу.** *Өзен, көл, көлшік сияқтытағы да басқа сулардың сарқылып, түбіне балдырлардың қаптап өсіп кетуі.*

**БАЛДЫР**[2] сын. **1.** *Бүлдіршіндей жас.* **2.** *Жас, жаңа, алғашқы.*

**БАЛДЫР**[3] сын. *Былдырлаған, түсініксіз.*

**БАЛДЫРА=** ет. сөйл. ***Балдырла.***

**БАЛДЫРАУ** *Балдыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛДЫР-БАЛҒЫН** зат. *Жас шалғын, балауса.*

**БАЛДЫР-БАЛДЫР: балдыр-балдыр сөйледі.** *Анық айтпай, түсініксіз сөйледі.*

**БАЛДЫР-БАТПАҚ** сын. *Жүйесіз, ретсіз, жеңіл-желпі, түсініксіз (сөз, ой).*

**БАЛДЫР-БҰЛДЫР** елік. **1.** *Былдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Тілі жаңа шығып келе жатқан баланың сөзі.* **3.** *Түсініксіз, айқын емес дыбысталған сөз.*

**БАЛДЫРҒАН** зат. **1.** *Сабағы, жас өркендері шикілей не тұздалған түрде тамаққа пайдаланылатын, табиғи күйінде мал жемейтін шөптесін өсімдік.* **2.** бот. <лат. *heracleum*> *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын, сабағы қырлы, іші қуыс, жапырақтары үш қырлы, қауырсын тәрізді тілімденген көпжылдық немесе екіжылдық шөптесін өсімдік туысы.* **3.** ауыс. *Жасөспірім, жеткіншек.* **4.** ауыс. *Бозбала, бойжеткен.*

**Балдырған шақ.** а) *Балалық шақ, бала кез.* ә) *Жас кез, жастық шақ.*

**БАЛДЫРҒАНДАЙ** сын. *Балдырған тәрізді, балғын, жап-жас.*

**Балдырғандай жаңа толған шақ.** поэт. *Жас, пәк уақыт.* **Балдырғандай майысты.** *Нәзік иілді.*

**БАЛДЫРҒАНДЫ** сын. *Балдырғаны мол, балдырған өскен, балдырғаны бар.*

**БАЛДЫРДАЙ** сын. **1.** *Балдыр сияқты, балдыр тәрізді.* **2.** ауыс. *Өрімдей жас.*

**БАЛДЫРКӨК** зат. өс. **1.** *Көкөніс, жеміс маринадтауға керекті, тағам дәмін келтіруге қосатын, тағамдық көкөніс өсімдік.* **2.** бот. <лат. apium> *Шатыршагүл тұқымдасына жататын, теңіз бен өзендердің жағалауындағы ылғалды топырақта өсетін бір, екі және көпжылдық өсімдік.*

**БАЛДЫРЛА=** ет. *Тілі анық келмей, түсініксіз сөйлеу.*

**БАЛДЫРЛАС=** ет. *Түсініксіз сөйлесу.*

**БАЛДЫРЛАУ** *Балдырлау етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛДЫРЛЫ** сын. *Балдыры көп, балдыры бар (су).*

**БАЛДЫРШӨП** зат. **1.** *Ағынсыз, не ағыны аз тұщы суларда өсетін өсімдік.* **2.** бот. <лат. lemnaceae> *Су өсімдіктері тұқымдасына жататын, су бетінде қалқып немесе су ішінде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БАЛЕРИНА** [итал. ballerina] зат. *Балет труппасындағы биші әйел.*

**БАЛЕТ** [итал. balletto] зат. *Музыкалы хореографиялық образ арқылы ой мен мазмұнды беретін сахналық өнердің бір түрі.*

**Балет бишісі.** *Балетте өнер көрсететін адам.* **Балет театры.** *Би және музыка ырғағымен ғана өнер көрсететін театр.*

**БАЛЕТМЕЙСТЕР** [нем. Ballettmeister] зат. *Балет, би сахналарын, хореографиялық нөмірлерді қоюшы және соның авторы.*

**БАЛЕТТІК** сын. *Балетке лайықтанған.*

**БАЛЖАҢДА=** ет. сөйл. ***Малжаңда.***

**БАЛЖАПЫРАҚ** зат. бот. <лат. zygophyllum brachipterum> *Жұпжапырақтылар тұқымдасына жататын, сабағы тік, биіктігі 20-50 см, көпжылдық шөптесін өсімдік; қоянжапырақ; қоянжоңышқа.*

**БАЛЖҮГЕРІ** зат. бот. <лат. sorghum cernuum> *Астық тұқымдасына жататын*

*біржылдық, шашақ тамырлы, жапырағы таспа тәрізді, дәні домалақ, түкті шөптесін өсімдік.*

**БАЛЖЫР: балжыр ауыз**. *Аузынан түкірігі шығып, екі езуі суланып тұратын үлкен ауыз.*

**БАЛЖЫРА=** ет. сөйл. *Сөзін дұрыстап айта алмау.*

**БАЛЖЫРАУ** *Балжыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛИҒА** зат. сөйл. ***Балиғат.***

**БАЛИҒАТ** [ар. بالغة] зат. *Кәмелеттік жас, ұл мен қыздың тұрмыс құруға болатын жасы.*

**Балиғатқа толды.** *Кәмелетке жетті, ұрпақ беру қабілетіне жетті, ержетті.* **Балиғатқа толу.** анат. *Жас ағзаның анатомиялық және физиологиялық өзгерістер нәтижесінде ұрпақ беру қабілетіне жетуі.*

**БАЛИҒ** зат. көне. ***Балиғат.***

**Балиғыға толды.** *Балиғатқа толды.*

**БАЛИҒИ** зат. сөйл. ***Балиғат.***

**БАЛИЛІК** зат. *Индонезияның Бали, Ламбок аралдарын мекендейтін халық.*

**БАЛКОН** [итал. balcone] зат. *Үйлердің қабырғасынан сыртқа шығарылған, бетоннан немесе басқа қатты заттан жасалған, қоршаулы, шағын орынжай.*

**БАЛКОНДЫ** сын. *Балконы бар.*

**БАЛҚАЙМАҚ** зат. тамақ. **1.** *Шикіқаймаққа қант, бал, ұн қосылып қайнатылған тәтті тағам, ұлттық ас.* **2.** *Түйенің сүтінен жасалған тәтті тағам.* **3.** ауыс. *Тыныштық, ұйыған, тәтті күй.*

**БАЛҚАЙНАТПА** зат. сөйл. ***Тосап.***

**БАЛҚАНТАНУ** зат. *Балқан түбегін қоныс танған халықтардың тілін, әдебиетін, тарихын, саяси өмірін зерттейтін пәндер жиынтығы.*

**БАЛҚАҢБАҚ** зат. өс. <лат. corispermum> *Тік сабақты, жапырағы қалың, жұмырлау, жіңішке, алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**БАЛҚАР** зат. *Қабардин-балқар республикасының оңтүстік-батыс аумағын мекендейтін халық атауы.*

**Балқар тілі.** *Балқар халқының ұлттық тілі, түркі тілдерінің бірі.*

**БАЛҚАРА** зат. *Қара ұннан ашытылып дайындалған сұйық тағам.*

**БАЛҚАРАҒАЙ** зат. өс. **1.** *Жапырағы таспа тәрізді, қысқа қарай түсіп қалатын, қылқанды қарағай.* **2.** бот. <лат. larix> *Қарағай тұқымдасына жататын қосжынысты, бір үйлі өсімдік, қылқан жапырақты биік ағаш.*

**БАЛҚАШ** зат. **1.** *Өзен, көл сияқты т.б. сулардың жағалауындағы ылғалды, сазды, шөбі шүйгін жер.* **2.** *Шүйгін шөп, жасыл жайылым.*

**Балқаш алабұғасы**. <лат. perca schrenki> *Балқаш көлінде тіршілік ететін алабұға түрі.* **Балқаш жер.** *Мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін, сулы, сазды жер.* **Балқаш қарабалығы.** зоол. <лат. schizothorax argentatus> *Тұқылар тұқымдастары қарабалық туысына жататын балық түрі.*

**БАЛҚАШИТ** зат. геол. <грек. saprys – шіріген, pelos – балшық> *Балқаш көлі жағала уында ұшырасатын ашық сары түстен қою қара түске дейін түрлері кездесетін сапропель түзілім.*

**БАЛҚАШТЫ** сын. *Сазды, ылғалды, шүйгінді, жайылымды.*

**БАЛҚОСПАҚ** зат. зоол. *Екі өркешінің түп жағы қосылып тұрғандай көрінетін, бура мен нармаядан туған будан.*

**БАЛҚУ** *Балқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қатты күйден жұмсақ күйге айналу, еру.* **2.** физ. *Кристалл қатты дене агрегаттық күйінің сұйық күйге өту процесі.* **3.** ауыс. *Елжіреу, еліту, ынтығу.*

**Балқу жылуы.** физ. *Тұрақты қысымда қатты кристалдық затты толық сұйық күйге ауыстыруға қажет жылу мөлшері.* **Балқу температурасы.** физ. *Белгілі бір сыртқы қысымда қатты кристалдық заттың сұйық күйге ауысу температурасы.* **Балқу торы.** хим. *Үстіне түсетін полимер қиқымдарын балқытуға арналған жылжытылмалы тор.*

**БАЛҚУРАЙ** зат. *Ұшында бір сүйемдей бүртік-бүртік масағы бар, таулы жерде өсетін, өзегі тәтті құрай; балшытыр.*

**БАЛҚҰНДАҚ** зат. *Балауса балғын шақ.*

**БАЛҚҰРАҚ** зат. *Балауса көк құрақ.*

**БАЛҚЫ=** ет. **1.** *Қатты күйден жұмсақ күйге айналу, еру.* **2.** физ. *Кристалл қатты дененің сұйық күйге өту процесі.* **3.** ауыс. *Езілу, жұмсару.* **4.** ауыс. *Ай, күн, жұлдыздың нұрланып, шапақтанып, қызарып тұруы.* **5.** ауыс. *Жайқалу, толысу, түтасу.* **6.** ауыс. *Елжіреу.* **7.** ауыс. *Елегізу, ынталану.* **8.** ауыс. *Масайрау, мастану.* **9.** ауыс. *Бал-бұл жану, жайнау, толықсу, ұйлжу.*

**БАЛҚЫҒЫШ** сын. *Тез балқитын.*

**БАЛҚЫҒЫШТЫҚ** зат. физ. *Балқуға бейім ділік, балқи алғыштық.*

**БАЛҚЫЛДА=** ет. *Мыс, қорғасын тәрізді заттардың қатты қайнап еруі.*

**БАЛҚЫЛДАУ** *Балқылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛҚЫМА** зат. тех. **1.** *Балқыту процесінің нәтижесінде алынған өнім.* **2.** *Балқыту процесінің бір кезеңі.*

**Балқыма алу.** тех. *Қатты металдарды жоғары температурада балқытып, сұйық фаза алу.* **Балқыма қаптау.** тех. *Тетік немесе құралсайманның кескіш бөлігінде металл балқыма қабатын газды, доғалы, электронды әдістер мен немесе қышқылға төзімді бетпен қаптау.*

**БАЛҚЫМАЛЫ** сын. **1.** *Балқитын қасиеті бар.* **2.** ауыс. *Әсерлі, толқымалы.*

**БАЛҚЫН** зат. поэт. *Қас сұлу деген мағынада.*

**БАЛҚЫН=** ет. ***Бұлқыну.***

**БАЛҚЫТ=** ет. **1.** *Темір, мыс, қорғасын сияқты т.б. заттарды еріту.* **2.** тех. *Қатты заттардың сұйық күйге айналғандағы өнімін алу үшін арнайы құрылғыларда өңдеу процесі.* **3.** ауыс. *Езілту, жұмсарту.* **4.** ауыс. *Жан-жүйесін босату, елжірету.*

**Балқыта бөліндіре тазарту.** кен. *Екі фазаның тығыздығы айырмасына негізделген, оның біреуі тазартылатын металл болатын тазалау әдісі.*

**БАЛҚЫТҚЫШ** сын. **1.** тех. *Балқытатын, ерітқіш.* **2.** ауыс. *Елжіреткіш, бойды босатқыш.*

**БАЛҚЫТПА** зат. тех. *Балқитын зат.*

**БАЛҚЫТУ** *Балқыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Темір, мыс сияқты қатты заттарды еріту.* **2.** тех. *Сұйық күйдегі ақырғы өнімді алу үшін балқыту пештерінде кентас, металл сияқты т.б. материалды өңдеу процесі.*

**Балқыту пеші.** *Қайсыбір материалды оның балқу температурасынан асып түсетін температураға дейін қыздырып, сұйық күйге айналдыруға арналған пеш.*

**БАЛҚЫТУШЫ** зат. *Металл ерітуші, қорытушы.*

**БАЛҚЫТЫЛ=** ет. **1.** *Темір, болат сияқты металдардың, қатты заттардың сұйық күйге айналдырылуы, ерітілуі.* **2.** *Жұмсартылу, керітілу.*

**БАЛҚЫТЫЛУ** *Балқытыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛЛ** [франц. balle] зат. **1.** *Кейбір табиғат құбылыстарының қуат дәрежесін өлшеу бірлігі.* **2.** пед. *Білім дәрежесіне қойылатын цифрлы баға.* **3.** *Заттың, нәрсенің сапасына байланысты берілетін баға.*

**Балл жинау.** *Жоғары оқу орындарына түсу үшін талапкерлердің сандық білім көрсеткішін жинауы.*

**БАЛЛАДА** [франц. ballade] зат. әдеб. *Тарихта болған не аңызға айналған оқиғаны жырлайтын поэзиялық шығарма.*

**БАЛЛАДАЛЫҚ** сын. *Балладаға жататын, балладаға лайық, балладаға тән.*

**БАЛЛАСТ** [ағыл. ballast] зат. **1.** *Теміржол шпалдарының арасына төгілген ұсақ тас немесе құм.* **2.** *Белгілі бір заттың ішіндегі керексіз, іске жарамсыз артығы.*

**БАЛЛИСТИКА** [франц. balistique] зат. әск. *Реактивтік снарядтардың, авиабомба, мина және атылған оқтың ұшу заңдылығын зерттейтін ғылым.*

**БАЛЛИСТИКАЛЫ** сын. *Баллистикасы бар.*

**БАЛЛИСТИКАЛЫҚ** сын. әск. *Баллистикаға тән, баллистикаға қатысты.*

**Баллистикалық жол.** әск. *Артиллериялық снарядтардың, минералдардың т.б. қозғалысын эксперименттік зерттеуге арналған артиллериялық полигондағы жердің арнайы жабдықталған өңірі.* **Баллистикалық зымыран.** *Баллистикалық траектория бойынша ұшырылатын зымыран.*

**БАЛЛИСТОКАРДИОГРАФИЯ** зат. *Адамның жүрек қан-тамырлары жүйесінің қабілетін зерттеу әдісі.*

**БАЛЛОН[1]** [франц. ballon] зат. *Әйнектен немесе металдан жасалған, газ не ауа толтырылатын көлемі әртүрлі ыдыс.*

**БАЛЛОН[2]** зат. тех. *Резеңкеден жасалған, ішіне ауа толтырылған автомәшиненің доңғалағы.*

**БАЛЛОНЕТ** [франц. ballonet] зат. *Ауамен толтырылған баллонның бір түрі.*

**БАЛМАҒЫЗ: балмағыз атқан**. *Бүршік жарған.*

**БАЛМҰЗДАҚ** зат. *Қаймақ, сүт, қант, жидек шырынын қосып, сүттен тоңазытылған тәтті тағам.*

**БАЛПАЙ=** ет. *Баттию, жалпаю, семіру.*

**БАЛПАҚ[1]** зат. зоол. <лат. citellus major> *Кеміргіштер тобына жататын, шағын денелі, құйрығы қызыл, далалы жерді мекендейтін зиянды тышқан.*

**Балпақ сарышұнақ.** зоол. *Далалы жерді мекендейтін сары тышқанның – сарышұнақтың бір түрі.*

**БАЛПАҚ[2]** сын. **1.** *Балпиған семіз, жалпақ, толық денелі.* **2.** ауыс. *Тұрмыс қиындығын көрмей, бұла болып өскен.*

**БАЛПАҚТАЙ** сын. *Балпанақтай, толық.*

**БАЛПАМСАДАЙ** сын. сөйл. ***Алпамсадай.***

**БАЛПАН** зат. *Жұлдыз аты; Марс.*

**БАЛПАНАҚ[1]** зат. бот. <лат. yactuca> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын өсімдік; сүтжапырақ.*

**БАЛПАНАҚ[2]** зат. *Пингвин.*

**БАЛПАНАҚТАЙ** сын. **1.** *Үлкен, етженді, толық.* **2.** ауыс. *Дардай, ортан қолдай, білдей.*

**БАЛПАНБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. blieca bjoezkna> *Тұқы тұқымдас шұбар балық.*

**БАЛПАҢ[1]** сын. ***Балпақ.***

**БАЛПАҢ[2]** елік. *Аяқты теңселе, маңғаздана басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Балпаң басты**. *Аяғын жай басты, теңселе жүрді.*

**БАЛПАҢ-БАЛПАҢ: балпаң-балпаң басты**. *Аяғын теңселе басты, баяу жүрді.*

**БАЛПАҢДА=** ет. *Теңселе басу, балпаң-балпаң басып жүру; ырғалу.*

**БАЛПАҢДАУ**[1] сын. *Етжеңділеу, толықша.*

**БАЛПАҢДАУ**[2] *Балпаңда етістігінің қимыл атауы; балпаң-балпаң басып, баяу жүру.*

**БАЛПАУЫШТАЙ** сын. сөйл. ***Алпауыттай.***

**БАЛПАШ** сын. *Малды, бай.*

**БАЛП-БАЛП** елік. *Балпылдаған дауысты бейнелейтін сөз.*

**Балп-балп етті.** а) *Оқта-текте үріп қойды.* ә) *Аузы балпылдап сөйледі.*

**БАЛПИ=** ет. сөйл. *Көлденеңі шығып, жалпиып семіру.*

**БАЛПИТ=** ет. *Баттиту, балшиту.*

**БАЛПИТУ** *Балпит етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛПЫҚ** сын. *Балпиған семіз.*

**БАЛПЫЛ** зат. *Бейберекет сөз.*

**БАЛПЫЛДА=** ет. **1.** *Орынсыз көп сөйлеу.* **2.** *Иттің балп-балп етіп үруі.*

**БАЛПЫЛДАҚ** сын. *Көп сөйлейтін, мылжың.*

**БАЛПЫЛДАТ=** ет. *Балп-балп еткізу.*

**БАЛПЫЛДАТУ** *Балпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛПЫЛДАУ** *Балпылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛСЫЗ: балды да, балсыз да болмады.** *Үмітті де, үмітсіз де болмады; екіұдай.*

**БАЛСЫРА** зат. *Астықты, картопты және т.б. пайдалану арқылы өндірістік түрде емес, қарапайым әдіспен, үй жағдайында жасалатын шарап.*

**БАЛСЫРА=** ет. *Бал жегісі келу, балға құмарту.*

**БАЛСЫРАУ** *Балсыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛСІРІ** зат. *Кейбір құстардың (сұңқарлар, жапалақтар, кептерлер, тотықұстар) үстіңгі тұмсығының түп жағында болатын қалыңдау терілі қатпар.*

**БАЛТА** зат. *Өткір жүзді, екінші жағы шүйделі, шабуға, қидалауға арналған, сабы бар құрал.*

**Балтамен шабарлықтай мінез.** *Ағат іс, өрескел қылық, оғаш мінез.* **Балтамен шабатын мін.** *Үлкен, өрескел ағаттық, кінәрат.* **Балта сабы, иек артпа.** *Бекінетіндей, тасаланатындай қалтарыс.* **Балта сабынан озбайды.** *Әр нәрсе тегіне тартады, тегінен аса қоймайды.* **Балта ілгендей.** *Қалың, қою деген мағынада.*

**БАЛТАДАЙ** сын. **1.** *Ірі, үлкен, мықты.* **2.** ауыс. *Өткір.*

**БАЛТАЖҮРЕК** сын. *Ержүрек деген мағынада.*

**БАЛТАЙ-ШАЛТАЙ** зат. сөйл. *Бос сөз.*

**БАЛТАЛА=** ет. **1.** *Балтамен шабу; балтамен жұмыс істеу.* **2.** ауыс. *Аянбай күш жұмсау.*

**БАЛТАЛАН=** ет. *Балтамен шабылу.*

**БАЛТАЛАНУ** *Балталан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛТАЛАС=** ет. **1.** *Балта сілтесу.* **2.** *Ұрсысу, бет жыртысу.*

**БАЛТАЛАСУ** *Балталас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛТАЛАТ=** ет. *Балтамен шаптырту, кескізу.*

**БАЛТАЛАТУ** *Балталат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛТАЛАУ** *Балтала етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛТАЛЫ** сын. *Балтасы бар.*

**БАЛТАЛЫҚ** сын. **1.** *Үлкен, қомақты.* **2.** *Балта жасауға арналған (сап, ағаш).*

**БАЛТАМТАП** зат. *Алқа-қотан отырған жастардың жүзік, орамал сияқты бір затты тығып, соны табу үшін ойын жүргізуші біреуді ұрып, я өлең айтқызатын ұлттық ойын.*

**БАЛТАНАЙЗА** зат. көне. *Ұзын сапты айбалта тәрізді ескі қару, алебарда.*

**БАЛТАСАП: балтасап шорағай.** зоол. *Жырткыш балықтың түрі.*

**БАЛТАСЫЗ** сын. *Балтасы жоқ, балта қолданбай.*

**БАЛТАТҰМСЫҚ** зат. зоол. <лат. lunda cirrhata> *Тұмсығы қызыл, пішіні балта тәрізді, шекесі ақ, айдарлы, қоңыр құс.*

**БАЛТА-ШОТ** зат. *Балта, шот сияқты ұста құралдарының жиынтық атауы.*

**БАЛТАШОТ** зат. ***Шапашот.***

**БАЛТАШЫ** зат. *Ағаш шебері, ағаш ұстасы.*

**БАЛТАШЫЛЫҚ** зат. *Ағаш ұсталығы кәсібі.*

**БАЛТОЗАҢ** зат. биол. <грек. propolis> *Бал араларының өсімдік тозаңдарынан жинап, ұяларына салып, үстіне бал құйып, сүтқышқылы арқылы консервілеп тастайтын азығы.*

**БАЛТҮК** зат. өс. ***Ақтікен.*** *Сортаңды, құмды жерлерде өсетін, биіктігі 30-40 см–дей, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БАЛТЫР** зат. анат. <лат. sura> **1.** *Адам жіліншігіндегі бұлшық ет.* **2.** *Адамның тізеден төменгі бөлігі, аяғы.* **3.** ауыс. *Қайың, тал сияқты ағаштардың түзу діңгегі.*

**Балтыр орауыш.** *Етік ішінен балтырға оралатын мата, байтаба.* **Балтыры бесіктей.** эксп. *Балтыры жуан, толық, семіз.* **Балтырын түрді.** *Шалбарының балағын қайырды, көтерді.*

**БАЛТЫРЛЫ** сын. *Балтыры жуан, балтыры толық.*

**БАЛТЫРЛЫҚ** зат. көне. *Жауынгердің балтырын қорғайтын жарақ түрі.*

**БАЛУАН** [ир. پهلوان ] зат. **1.** *Күреске түсетін адам, күрес өнерімен айналысушы, жеңімпаз адам.* **2.** ауыс. *Үлкен, алып.*

**Балуан балтыр.** *Күшті, қарулы аяқ.* **Балуан бармақ.** *Саусақтары салалы, жуан, қайратты.* **Балуан бәйге.** *Күресте жеңген балуанға берілетін бәйге.* **Балуан бел.** *Жалпақ, жуан бел.* **Балуан білек.** *Қайратты, жуан білек; алып күш иесі.* **Балуан бітімденді.** *Ірілене түсті, тұлғаланды.* **Балуанға түсті.** *Күреске шықты.* **Балуан [палуан] денелі [тұлғалы].** *Дене тұлғасы балуанға ұқсас, ірі.* **Балуан жауырынды.** *Кең, ірі жауырынды.* **Балуан жігіт.** *Ірі денелі жігіт.* **Балуан күрес.** *Балуандар күресетін спорт түрі.* **Балуан қабырға.** *Қой-ешкінің алтыншы қабырғасы.* **Балуан қол.** *Күшті, қайратты қол.* **Балуан сайыс.** *Күрес, балуандардың жарысы.* **Балуан тас.** *Күш сынасу үшін арнайы таңдап алынған ауыр тас.*

**БАЛУАНДАЙ** сын. *Балуан сияқты, балуан тәрізді.*

**БАЛУАНДАН =** ет. *Сомдалу, тұлғалану.*

**БАЛУАНДАНУ** *Балуандан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛУАНДЫҚ** зат. **1.** *Балуан болушылық.* **2.** *Күштілік, қайраттылық.*

**Балуандыққа түсті.** *Күреске шықты.*

**БАЛУАНСЫН=** ет. *Мықтысыну, батырсыну.*

**БАЛУАНСЫНУ** *Балуансын етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛУАНТАС** зат. *Бұлшық етті қатайту үшін көтеретін ауыр тас, кір тасы.*

**БАЛУЫЗ** сын. *Уылжыған жас.*

**БАЛХАШИТ** зат. хим. ***Балқашит.***

**БАЛША** үст. **1.** *Бал тәрізді, балға ұқсап.* **2.** ауыс. *Сызылған, сүйкімді, тәтті.*

**БАЛШАБЕК** зат. совет. сөйл. ***Большевик.***

**БАЛШАРАП** зат. *Қант, тосап, бал, жүзім қосылған, үй жағдайында дайындалған тәтті шарап.*

**БАЛШЕКЕР** зат. *Балдан қайнатып жасаған шекер, қант.*

**БАЛШЕЛЕК** зат. кәс. *Араның бал жинайтын ыдысы.*

**БАЛШӨП** зат. биол. <лат. meqacarpala medaloearpa> *Дарасабақты, жапырағы түкті, көкшіл сұрғылт көпжылдық өсімдік.*

**БАЛШЫ** зат. *Бал ашатын адам, балгер.*

**БАЛШЫ-БАЛГЕР** зат. *Ем-дом жасаушы, әрі бал ашушы сәуегей.*

**БАЛШЫҚ** зат. **1.** *Топырақтың сумен араласқан түрі, батпақ.* **2.** *Кірпіш жасау немесе үй сылау үшін арнайы жасалған лай, батпақ.* **3.** геол. *Саздақ, материалдардың өте жұқа бөлшектерінен тұратын және пластикалық қасиетерге ие, жабысқақ, бірақ цементтелмеген шөкпе тау жынысы.*

**Балшық бастырды.** *Балшық иледі, лай жасады.* **Балшық иледі [езді].** *Қолдан құрылыс жүргізу үшін арнайы лай, батпақ жасады.* **Балшыққа батқыр!** қарғ. *Қараң өшсін, бордай тоз деген мағынада.* **Балшыққа түсу.** мед. *Медициналық мекемелерде белгілі бір аурулар тобын емдеу үшін құрамында минералды заттары бар балшық тұнбаларына науқастардың түсіп жатуы немесе денесіне жағуы.* **Балшық қора.** *Балшықтан соғылған қора.* **Балшықпен емдеу.** мед. <грек. pelos -саз, therapeia - емдеу> *Құрамында тұздар, өсімдік шірінділері, сондай-ақ оларды қорек ететін ұсақ, организмдері бар балшықты және балшық тектес заттарды емге пайдалану.* **Балшықтан құйды.** *Балшықтап тұрғызды, балшықтан жасады.* **Балшықтан соқты.** *Балшықтан салды.* **Балшық үй.** *Балшықтан құйылып, салынған үй.*

**БАЛШЫҚ-БАЛШЫҚ** сын *Балшық жұққан, балшыққа былғанған.*

**БАЛШЫҚТАЙ** сын. *Балшық тәрізді, балшық сияқты.*

**Балшықтай иледі.** *Езді, жаншыды, дегеніне көндірді.*

**БАЛШЫҚТАН=** ет. сөйл. ***Былшықтан.***

**БАЛШЫҚТЫ** сын. **1.** *Балшықпен сыланған.* **2.** *Батпақты.*

**Балшықты вулкан.** геол. *Нағыз вулкан сияқты үнемі немесе мезгіл-мезгіл сұйық балшық пен әртүрлі газ (негізінен көмірсутек) атқылап тұратын геологиялық жиылым.* **Балшықты жанартау.** геол. *Жалпақ конус пішінді, толығымен немесе беткі жағы ғана төбелік түзілімдерден тұратын үлкен төбе.* **Балшықты кен.** геол. *Жер бетінде кездесетін топырақ-балшық аралас шашылымды кен орындары.* **Балшықты конус.** геол. *Балшықты жанартау лақтырындыларының қатаю ынан пайда болған конус пішіндес төбешіктер.* **Балшықты қалдық.** геол. *Құрғақ аймақтардағы су қоймаларының түбінде, негізінен өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының және желмен, сумен әкелінген минералды заттектер қосындыларының анаэробты жағдайда өзгерілуінен түзілген шөгінділер.*

**БАЛШЫҚША** үст. *Балшыққа ұқсап, балшықтай.*

**БАЛШЫҚШЫ** зат. зоол. <лат. liticola> *Тұмсығы өте сүйір, сирағы ұзын, кішкентай құс.*

**БАЛШЫҚШЫЛАР** зат. зоол. <лат. Liticolae> *Тат реңділер отрядына жататын құстар.*

**БАЛШЫЛДА=** ет. **1.** *Балш-балш етіп шашырау.* **2.** ***Былшылда.***

**БАЛШЫЛДАТ=** ет. *Балш-балш еткізу.*

**БАЛШЫЛДАТУ** *Балшылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛШЫЛДАУ** *Балшылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Балгерлік.***

**БАЛШЫРЫН** зат. бот. <грек. nektar> *Кейбір өсімдіктердің гүлдерінен бөлінетін қант татыған шырын.*

**БАЛ-ШЫРЫН** сын. **1.** *Өте тәтті, балдай шырынды.* **2.** ауыс. *Қызықты.* **3.** *Жағымды.*

**БАЛ-ШЫРЫНДАЙ** сын. *Бал-шырын сияқты.*

**БАЛШЫРЫШ** зат. бот. <лат. eremurus olga> *Таулы жерлерде өсетін, бойы ұзын, түрлі түсті гүл ататын өсімдік.*

**БАЛШЫТЫР** зат. бот. <лат. pulmonaria mollisima> *Гүлдері сабақтың ұшында жинақталған, жемісі жаңғақша шытыр тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік, медуница.*

**БАЛЫҚ¹** зат. зоол. <лат. pisces> *Суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануары.*

**Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған.** поэт. *Шулы (өзен, көл).* **Балық аулады.** *Аумен, қармақпен балық ұстады.* **Балық аулау.** аулшар. *Халық шаруашылығының балық және теңіз аңдарын аулайтын саласы.* **Балық жарушы.** *Балықтың ішін ақтарып, тазартушы.* **Балық жемі.** *Балық тіршілігіне қажетті табиғи немесе қолдан жасалған қорек.* **Балық жылы.** *Ескіше жыл аты; ұлу.* **Балық қуырдағы.** тамақ. *Шортан, алабұға, жайын, қызыл балық сияқты ірі балықтардың ішкі құрылысын алып тастап, турап, өз майына қуырылатын тағам.* **Балық майы.** *Нәлім тұқымдастарына жататын балықтардың бауырынан алынған, құрамында A, D витамині көп, кішкентай балаларды итаурудан сақтау, емдеу үшін берілетін май.* **Балық өңдеу.** кәс. *Балықты сақтау және балықтан дайын өнім алу жұмыстарының жиынтығы.* **Балық өсіретін зауыт.** *Кәсіптік балықтарды жасанды түрде көбейтумен айналысатын кәсіпорын.* **Балық өсіру шаруашылығы.** кәс. *Балықты өсіріп, аулап, өңдеумен шұғылданатын шаруашылық саласы.* **Балық сорпасы.** *Балықты асып, ішіне пияз, картоп сәбіз т.б. заттар салып дайындалатын сорпа.* **Балық сүбесі.** *Терісінен, сүйектері мен қылтанақтарынан тазартылған балық еті.* **Балық сүзді.** *Аумен балық ұстады.* **Балық тағамдары.** *Жас және кепкен балықтардан қайнатып пісірілген, қуырылған, бұқтырылған, сондай-ақ көміп пісірілген тағам түрлері.* **Балық торы.** *Семіз, жұмыр (ат).* **Балық ұны.** *Балықтан, оның сүйегінен химиялық тәсілмен алынған минералдық зат.* **Балық ыстау.** *Балықтарды аспаға іліп, түтінге ыстау.*

**БАЛЫҚЕЛЕК** зат. кәс. *Ауланған балықтарды елейтін зат.*

**БАЛЫҚЖАЙ¹** зат. *Әуіттен, өзеннен, көлден ауланған балықты уақытша ұстауға ыңғайлас тырылған, ауданы аса үлкен емес табиғи немесе жасанды түрде жарақтандырылған суқойма.*

**БАЛЫҚЖАЙ²** сын. *Балыққа бай деген мағынада.*

**БАЛЫҚЖОЙҒЫ** зат. кәс. *Шағын тұйық су қоймасындағы шаруашылыққа қажетсіз балықтарды жою үшін қолданылатын зат.*

**БАЛЫҚЖОН** зат. *Балықтың құнды өнімі болатын ірі бекіре тұқымдас балықтардың тұздалған және қақталған жон арқалары, сүбесі не қабырға тұсы.*

**БАЛЫҚЖУҒЫШ: балықжуғыш мәшине.** *Балықты шөп-шалам, сірнеден арылтатын техника.*

**БАЛЫҚКЕСІРТКЕ** зат. зоол. <лат. ichtyosauria> *Қазбалы бауырымен жорғалаушылар отрядына жататын, дене тұрқы 12 м-ге жететін теңіз жануары.*

**БАЛЫҚКӨЗ¹** зат. бот. <лат. salsola lanata> *Шөлді жерде өсетін аласа шөп.*

**БАЛЫҚКӨЗ²** зат. зоол. <лат. ketupa leylonensis> *Жапалақтар отрядына жататын үкінің бір түрі.*

**БАЛЫҚКӨЗДЕН=** ет. **1.** *Жанары күңгірт тарту, өлеусірeу.* **2.** *Болмашы ғана майдың сорпа бетіне әр жерден дөңгеленіп қалқып шығуы.*

**БАЛЫҚКӨЗДЕНУ** *Балыққөзден етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛЫҚҚАНАТ** зат. зоол. *Суда тіршілік ететін жәндіктердің қимылдау, жүзу әрекетіне қатысты негізгі мүшесі.*

**БАЛЫҚҚАПАС** зат. кәс. *Ағаш не металл шарбақтан жасалған қабырғалары бар, су ішіне тасталатын немесе орнатылған, сатуға арналған балықтарды сақтайтын және балық көбейткіштерді жемдеп ұстайтын жәшік.*

**БАЛЫҚҚАСАПТАУЫШ: балыққасаптауыш мәшине.** *Балықты механикалық жолмен бөлшектеп өңдейтін техника.*

**БАЛЫҚОТ** зат. бот. <лат. lemna> *Тұщы көлдерде ғана өсетін жасыл жапырақ бейнелес өсімдік.*

**Балықот тұқымдасы.** бот. <лат. lemnaceae> *Су бетінде қалқып немесе су ішінде өсетін шөптесін өсімдіктер.*

**БАЛЫҚӨСІРУШІЛІК** зат. *Балық өсірумен, оның қорын табиғи және жасанды су қоймаларында көбейтіп, жақсартумен шұғылданатын халық шаруашылығының саласы.*

**БАЛЫҚӨТКІЗГІШ** зат. *Су торабының су қысымын жеңе отырып, балықты оның төменгі ернеуінен жоғарғы ернеуіне қарай өздігінен өткізетін гидротехникалық имарат.*

**БАЛЫҚСҮЛІК** зат. зоол. *Сүліктің бір түрі.*

**БАЛЫҚТАЗАЛАҒЫШ** зат. *Балықтың қабығын аршитын арнайы құрал.*

**БАЛЫҚТАЙ** сын. **1.** *Балық сияқты, балық тәрізді.* **2.** ауыс. *Семіз, күйлі, тығыршықтай.*

**Балықтай жүзді.** *Жақсы, еркін жүзді.* **Балықтай жылпылдады.** *Ұстатпады.* **Балықтай тулады.** *Қолды-аяққа тұрмай, шоршыды.* **Балықтай түйреді.** *Бірден құлатты, жықты.* **Балықтай шоршыды.** *Қолға тұрмады, жылп етіп шығып кетті.*

**БАЛЫҚТАЙЫН** сын. фольк. *Балық сияқты.*

**Балықтайын бұлқысты.** фольк. *Ырши қозғалды, бар күшімен жұлқынды.*

**БАЛЫҚТАНДЫР=** ет. *Балықты көбейту.*

**БАЛЫҚТАНДЫРУ=** ет. балықшар. *Өзен, көлдерде балықты көбейту.*

**БАЛЫҚТАР** зат. астр. <лат. pisces> *Он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.*

**БАЛЫҚТЫ** сын. *Балығы бар, балығы көп.*

**БАЛЫҚША** үст. *Балық секілді, балыққа ұқсап.*

**БАЛЫҚШАРУАШЫЛЫҚ** зат. *Халықшаруашылығының балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын саласы.*

**БАЛЫҚШЫ¹** зат. *Балық аулаушы.*

**БАЛЫҚШЫ²** зат. зоол. <лат. panadion haliaetus> *Батпақты жерде жүретін сирағы ұзын, кішкентай жыртқыш құс.*

**БАЛЫҚШЫ³** зат. кене. *Орта түркілердегі қала бастығы қызметін атқарушы.*

**БАЛЫҚШЫДАЙ** сын. *Балықшы сияқты, балықшы тәрізді.*

**БАЛЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Балық аулаушылық балық аулауды кәсіп етушілік.*

**БАЛЬЗАМ** [грек. balsamon] зат. *Негізінен шайыр мен эфир майынан тұратын хош иісті органикалық табиғи зат, күрделі қоспа.*

**БАЛЬЗАМДА=** ет. *Өлік денесін шіріп, босап кетуден ұзақ уақыт қорғау үшін бальзам жағу.*

**БАЛЬЗАМДАН=** ет. *Бальзам қосылу, бальзам жағылу.*

**БАЛЬЗАМДАНУ** *Бальзамдан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛЬЗАМДАУ** *Бальзамда етістігінің қимыл атауы.*

**БАЛЬЗАМДЫҚ** сын. *Бальзамға тән, бальзамға жататын.*

**БАЛЬЗАМИН** [франц. balsamine] зат. өс. *Ыстық жақта әсемдік үшін өсірілетін өсімдік.*

**БАЛЬНЕОЛОГИЯ** [лат. balneum – шомылу және грек. logos – ілім] зат. мед. *Минералды, (шипалы) сулар мен балшықтардың, химиялық қосындылар құрамының емдік қасиетін зерттейтін медицинаның бір саласы.*

**БАЛЬНЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Бальнеология ға жататын, бальнеологияға қатысты.*

**БАМБАЛОН** зат. *Африка елдеріндегі барабан түріндегі құрал.*

**БАМБАРАЛАР** зат. *Мали мемлекетінің халқы.*

**БАМБУЗЕ** зат. *Бамбуктің дәндерінен дайындалатын индонезиялық ішімдіктің бір түрі.*

**БАМБУК** [малай. Bambu, франц. Bambou] зат. өс. *Астық тұқымдасына жататын тамыр сабақты өсімдік.*

**БАМБУТИ** зат. *Африканың байырғы халықтарының бірі.*

**БАМДАТ** [ар. بامداد] зат. діни. ***Памдат.***

**БАМИ** зат. қоғ. тамақ. *Пияз, шошқа еті, көкөністер, жаңғақтар қосылған индонезия омлеті.*

**БАМИЗ** зат. жерг. *Ұзын болып өсетін баклажан түрі.*

**БАМПЕР** [ағылш. bumper] зат. тех. *Автомобильдердің алдына орнатылған, соққы күшін төмендететін арнаулы құрылғы; буфердің бір түрі.*

**БАНА** үст. сөйл. ***Бағана.***

**БАНАҒЫ** үст. сөйл. ***Бағанағы.***

**БАНАДАЙ** үст. сөйл. *Үлкен, дәу.*

**БАНАН** [исп. banano] зат. өс. **1.** *Тамыры жуан, сабағы қысқа, жапырағы өте үлкен көпжылдық өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің жемісі.*

**БАНДА** [итал. banda] зат. *Қарулы қарақшылар, қашқындар тобы.*

**БАНДАЖ¹** [франц. bandage] зат. мед. *Ішкі ағзаларды қалыпты жағдайда ұстап тұратын арнаулы белдік, тартқыш.*

**БАНДАЖ²** зат. тех. *Мәшинелер мен конструкциялар бөлшектерінің беріктігін арттырып, тозудан сақтау үшін оларға кигізілетін металл белдік.*

**БАНДАЖДЫ** сын. *Бандажы бар, бандаж кигізілген.*

**БАНДЕРОЛЬ** [франц. banderole] зат. *Ықшам оралған немесе үлкен конвертке салынған, пошта арқылы жіберілетін зат.*

**БАНДИТ** [итал. bandito] зат. *Қарақшы, тонаушы.*

**БАНДИТТІК** сын. *Бандитке тән, бандитке қатысты.*

**БАНДУРА** зат. муз. *Украин халқының көп ішекті музыкалық аспабы.*

**БАНДЫ** зат. сөйл. ***Банда.***

**БАНДЫЛЫҚ** зат. *Бандыға тән әрекет.*

**БАНДЫ-МАНДЫ** зат. сөйл. *Банды және соларға ұқсас біреу-міреу.*

**БАНИТ** зат. көне. ***Тұзақ.***

**БАНК** [франц. banque] зат. қаржы. *Ақша айналымын басқаратын, несие беретін, жеке тұлғалар мен мекемелердің арасындағы ақша айналымын жүзеге асыратын қаржы мекемесі.*

**Банк аударымы.** қаржы. *Жеке немесе заңды тұлғаның басқа бір тұлғаға белгілі бір соманы аудару жөнінде банкке берген тапсырысы.* **Банк депозиттері.** қаржы. *Өсіміне, банктердің салымшылар үшін тиімді шартпен беретін кепілдіктері негізінде тапсырылған салымдар.* **Банк жүйесі.** *Банк операцияларының бірыңғай ұлттық немесе халықаралық жүйеге біріктірілген жиынтығы.* **Банк капиталы.** қаржы. *Банктің несие лік-төлемдік және басқа да операциялар жасау үшін пайдаланатын ақша капиталының жиынтығы.* **Банк консорциумы.** *Несиелік, кепілдемелік және басқа да банк операцияларын бірлесіп жүргізу үшін уақытша біріктірілген банктер тобы.* **Банк құпиясы.** *Банктің өз клиенттерінің т.б. несие мекемелерінің есепшоттары мен аманат ақшалары жөніндегі мәліметтерді құпия сақтауы.* **Банк несиесі.** қаржы. *Банктің төлеу шартымен несиеге берген ақшалай қаражаты.* **Банк ресурстары.** қаржы. *Банктегі кредиттік т.б. да операциялар жасау үшін пайдаланылатын қаржылар жиынтығы.* **Банктің инвестициялық портфелі.** экон. *Банктің белсенді операциялар жүргізу барысында сатып алған бағалы қағаздардың жиынтығы.*

**БАНКА** [поляк. banka] зат. **1.** ***Бәнкі.*** **2.** мед. *Қан алуға арналған, шыныдан істелген кішкене құты, медициналық оңқа.*

**БАНКЕТ** [франц. banquet] зат. *Арнаулы адамдар шақырылған салтанатты қонақасы, зияпат.*

**БАНКЕТТІК** сын. *Банкетке арналған.*

**БАНКИНГ** [ағыл. banking] зат. қаржы. *Банк шоттарын басқару.*

**БАНКИР** [франц. banquire] зат. қаржы. *Банк иесі немесе банктің ірі акционері.*

**БАНКНОТ** [ағыл. bank-note] зат. қаржы. *Айналымда ақша орнына жүретін пайызсыз банк билеті, қағаз ақша.*

**БАНКОМАТ** [ағыл. bankomat] зат. жаңа. *Нақтылы валютаны несие карточкаларда, негізінен интернэшнл визасы жүйесінің көмегімен автоматты түрде беруге, алуға арналған техникалық құрылғы, банктік автомат.*

**Банкомат карточкасы.** *Жеке тұлғаның өз есепшотындағы қаржысын қолма-қол алу үшін пайдаланатын жеке, арнайы коды бар пластик карточкасы.*

**БАНКРОТ** [нем. Bankrott] зат. экон. **1.** *Кәсіпорындардың төлем қабілеті болмауы салдарынан мәжбүрлі түрде жойылуы.* **2.** *Қаржы, қаражат дегеннен жұрдай болу, түк қалмау.*

**БАНКРОТТЫҚ** зат. *Кәсіпорындардың төлем қабілетпсіздігінен өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы, мол шығынға батушылық, қарызды өтей алмаушылық.*

**БАНКТІК** сын. *Банкке тән, банк құзіретіне кіретін.*

**Банктік несие**. *Банк тарапынан берілетін әртүрлі көлемдегі ақша.* **Банктік депозит**. *Банкке оның тапсырыскерлері сақтауға берген, өсімді ақшалай сома.* **Банктік пайда.** *Шаруашылық нәтижесінде капиталды көбейтетін, табыс пен шығыс арасындағы айырмашылықты көрсететін банк қызметінің қаржылық нәтижесі.*

**БАННЕР** [ағыл. banner] зат. **1.** *Компьютерлік сайтқа белгілі бір өнімді және қызмет түрін, сол өнім туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін графикалық анимация, сурет; жарнама арқылы сілтеме.* **2.** *Сыртқы жарнама ретінде пластикалық материалға жазылған мәтін, салынған сурет.*

**БАНТ**[1] [нем. Band] зат. *Сәндік үшін тағылатын, түйіп, шоқтап байланған лента.*

**БАНТ**[2] [ир. بند ] зат. *Байланыс, дәнекер.*

**Бант қылды [етті].** *Байлап-матады, сіқырлап таңды, жабыстырды.*

**БАНТИК** зат. *Бант сөзінің кішірейтіліп айтылған түрі.*

**БАНТУ** зат. *Африканың оңтүстік жартысында тұратын, банту тілінде сөйлейтін халық.*

**БАНУ** [ир. بانو ] зат. көне. *Бойжеткен қыз, бикеш.*

**БАҢҚОР** [парсы] сын. *Қияли.*

**БАОБАБ** [эфиоп. baobab] зат. бот. *Биіктігі 18-25 м., діңі өте жуан, жұмсақ, шырынды сопақша жемісі бар тропиктік өсімдік.*

**БАП**[1] [ир. باب ] зат. **1.** *Күтім, жай, күй.* **2.** ауыс. *Нақыш, нақыс, нәш* **3.** ауыс. *Жағдай, жай, мән. // Оңтайлы, сайлы, орынды.*

**Бабына келтірді.** *Нақышына, ретіне келтірді.* **Бабын білді.** *Жайын түсінді.* **Бабын тапты.** *Ыңғайын, жайын білді, тілін тапты.* **Бап білгіштік.** *Бабын табушылық, әдісқойлық.* **Баппен айтты [сөйледі].** *Бипаздап, аспай-саспай айтты, әнді нақышына келтіріп орындады.*

**БАП**[2] [ар. باب ] зат. заң. *Белгілі бір құжаттың тармағы, тарауы; статья.*

**БАП**[3] **з**ат. діни. *Мұсылмандықты уағыздаушы сахабалардың есімдеріне тіркесе қолданылып, олардың діни лауазымын көрсететін сөз.*

**БАПА** зат. сөйл. ***Бапан.***

**БАПАН** зат. бот. *Қамыстың ұшындағы үлпілдек қоңыр үлпа.*

**БАПАНДАЙ** сын. **1.** *Осал емес, сайлы, шебер.* **2.** *Сөзін өткізетін, әмірі жүретін.*

**БАПКЕР**[1] зат. *Атты, құсты баптап, күтімін білетін адам.*

**БАПКЕР**[2] зат. спорт. **1.** *Спорттың түрлерімен шұғылдануға жаттықтыратын спортшы, жаттықтырушы.* **2.** ауыс. *Күтуші, баптаушы.*

**БАПКЕРЛІК** зат. **1.** *Баптап ұстағыштық, бабын тапқыштық.* **2.** *Жаттықтырушылық, тренерлік.*

**БАПКЕР-МАМАН** спорт. *Кәсіби бапкер, спорт жаттықтырушысы.*

**БАППЕН** үст. *Асықпай, байыппен.*

**БАПСЫЗ** сын. *Бабына келмеген, күтімсіз.*

**БАПТА=** ет. *Жақсы күту, бабына, күйіне келтіру.*

**Баптап сөйледі [айтты].** *Мәнерлеп, нәшіне келтіре сөйледі.*

**БАПТАЛ=** ет. *Күтілу, бабына келтірілу, қаралу.*

**БАПТАЛУ** *Баптал етістігінің қимыл атауы.*

**БАПТАН=** ет. **1.** *Жайлану, күтіну.* **2.** *Маңғаздану.* **3.** *Сайлану, ыңғайлану.*

**БАПТАНДЫР=** ет. *Баптату, бабына келтірту.*

**БАПТАНДЫРУ** *Баптандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАПТАНУ** *Баптан етістігінің қимыл атауы.*

**БАПТАНЫС=** ет. *Бабына келісу.*

**БАПТАС=** ет. *Күтісу, қарасу.*

**БАПТАСУ** *Баптас етістігінің қимыл атауы.*

**БАПТАТ=** ет. *Біреуге күттіру, қарату.*

**БАПТАТУ** *Баптат етістігінің қимыл атауы.*

**БАПТАУ** *Бапта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күту, күтім жасау.* **2.** *Күйіне, нәшіне келтіру.* **3.** *Дайындау, ыңғайлау, реттеу.*

**БАПТАУЛЫ** сын. *Күтімі жақсы, әбден күтілген.*

**БАПТАУСЫЗ** сын. *Күтімсіз, қараусыз, бағусыз.*

**БАПТАУШЫ** зат. *Қараушы, күтуші. // Күтуші, қараушы.*

**Баптаушы жүктеуіш.** инф. <ағыл. relocating loader> *Объектілік немесе жүктеуіш модулінде оны белгілі адреске орналастыруда адрестерді өзгертуге арналған жүктеуіш.*

**БАПТИЗМ** [грек. baptiso] зат. діни. *Шіркеудің кейбір қағидаларын мойындамайтын, дінге мойынсынуды жеке дәріптейтін протестант дінінің бір түрі.*

**БАПТИСТ** [грек. baptiso] зат. діни. *Шіркеудің кейбір қағидаларын мойындамайтын, балиғатқа толысымен дінге мойынсынуды дәріптеуші топтың мүшесі.*

**БАПТЫ** сын. *Күйлі, күтімі жақсы, бабындағы.*

**БАПТЫЛЫҚ** зат. *Күтімге алынғандық, бапты болушылық. // Бабында болушылық, бабына келгендік.*

**БАПШЫ** зат. *Баптай білуші, бапкер (адам).*

**БАПШЫЛ**[1] зат. діни. *Баб мазһабын (бағытын, ұйымын) жақтаушы адам.*

**БАПШЫЛ**[2] сын. **1.** *Күтуге, баптауға шебер, бапкер.* **2.** *Бап тілегіш, күтімді қажет еткіш.*

**БАПЫЛДА=** ет. **1.** *Иттің бап-бап етіп үруі.* **2.** *Бап-бап етіп ұрса жөнелу.*

**БАПЫЛДАУ** *Бапылда (1) етістігінің қимыл атауы.*

**БАР**[1] ес. *Дүниедегі нәрсенің бәрін қамтитын, барлық, бүкіл, тұтас.*

**Бар ашуы бетке шықты.** *Жүзінен ашуланғаны білінді, ызғарланды.* **Бар [барша, бүкіл, күллі] әлем**. *Дүниежүзі.* **Бар әлінше**. *Барлық, шамасы келгенше, мүмкін болғанша, мейлінше.* **Бар білгені**. *Санасының жеткені, ақыл-ойының шегі, қолынан келетіні, түсінік деңгейі.* **Бар [күллі] ғалам.** *Бүкіл әлем, қоршаған дүние, айналасы.* **Бар жоғын [жоқ-жітігін] бүтіндеді.** *Жоғын түгендеді.* **Бар кереметі сонда.** *Бүкіл құпиясы сол.* **Бар қадарынша.** *Шамасы келгенше, мүмкіндігінше, әлінше.* **Бар өнері.** *Қолынан келетіні, шамасының жеткені.* **Барын аямады.** *Бәрін берді, еш нәрсесін қалдырмады.* **Барын шашты.** *Бүкіл байлығын жұмсады, ысырап етті.*

**БАР**[2] [ағыл. bar] зат. **1.** *Баған үстелде қызмет көрсетілетін ішімдік пен салқын тағамдары бар шағын ресторан.* **2.** *Шкафтағы немесе сервантттағы ішімдік сақтайтын шағын буфет немесе жеке шкаф.*

**БАР**[3] [ағыл. bar] зат. кен. *Көмір қазатын мәшиненің ұңғу құралы.*

**БАР**[4] [грек. baros] зат. физ. *Атмосфералық қысымның бірліктер жүйесінен тыс өлшем бірлігі.*

**БАР**[5] зат. *Теңіз суының астындағы құм үйіліп, сызданған жер.*

**БАР**[6] мод. **1.** *Кеңістіктен белгілі орын алатын нәрсенің жоқ еместігі, нақтылығы; жоқ емес, бар болушылық. // Әлді-ауқатты.* **2.** *Заттың біреуге тән екендігін білдіреді.* **3.** *Шын ақиқат болмысты білдіру үшін қолданылады.* 4. *-ған, -ген тұлғалы етістікпен тіркесіп, «болды», «орын алды» деген мәнде қолданылады.* **5.** *Есім сөздерге тіркесіп, сол затқа ие екендігін білдіреді.* **6.** *-мас, -мес тұлғалы етістікпен тіркесіп, кенеттен, аяқастынан болған қимылды білдіреді.* **7.** *-уға, -уге тұлғалы етістікпен тіркесіп, мүмкіндік мәнінде жұмсалады.* **8.** *-ғы, -гі тұлғалы етістікпен тіркесіп, тілеу, қалау мәнін білдіреді.* **9.** *Аман-есен.*

**Бар асылын [жақсысын] киді.** *Жасанды, барын киінді, сәнденді.* **Барар күн болды.** фольк. *Жүретін мезгіл келді; дәм-тұзы таусылды, о дүниеге кететін сәт таянды.* **Бар боларсыз.** *Сау-сәлеметсіз бе, есен-саусыз ба?* **Бар болғаны.** *Не бары, бар-жоғы.* **Бар болғыр.** *Жеңіл-желпі, зілсіз жеку, кею.* **Бар болсын!** сөйл. кею. *Көңілі толмау, місе тұтпау мағынасындағы сөз.* **Барға қанағат етті [қылды].** *Қолдағысына риза болды, шүкіршілік етті.* **Барға мәзір, жоққа әзір [бар мәзір, жоқ жайымыз].** *Қолдағы бары осы, аянып қалған еш нәрсе жоқ.* **Барған жеріне судай сіңу.** *Келіннің түскен елінің ағайын-туы-*

*сымен етене араласып кетуі.* **Барған сайын.** *Уақыт өткен сайын, күннен-күнге.* **Барғаныңнан келмегір!** қарғ. *Барған жеріңнен оралмай қал, сол жақта опат бол.* **Бардан ауысты, балдан жұғысты.** *Бір-біріне қарайласып, қол ұшынан жалғасты.* **Бардан жарлы болды.** *Кедейленді, дүние-малынан айырылды, берекесі қашты.* **Барды баламайды, жоқты санамайды.** *Дүние-малға қызықпайды, барды байлық деп ойламайды, жоқты кедейлік деп қамықпайды, барына қанағат, шүкір қылады.* **Бардың балағын жалады.** *Байлығы бар адамға жағымсып, күн көрді.* **Бар екен де жоқ екен.** *Болған-болмағаны белгісіз деген мәндегі, ауыз әдебиетінде қолданылатын дәстүрлі тіркес.* **Бар жиған-терген.** *Бар байлық, азын-аулақ дәулет, ұстағаны.* **Бар кісі.** *Барша адам, адамзат.* **Бар күнә.** *Бар жазығы, айыбы деген мағынадағы қолданыс.* **Бар күшін салды.** *Аянбады, бар жігерін салды.* **Бар малым шығындалсын.** *Бар жиған-тергенім, байлығым жолына құрбан болсын деген мағынада.* **Бар мәзір.** *Қолдан келер сый-сияпат, бұйырған несібеден берілген сый-құрмет, дәм.* **Бар мәзірмен.** *Ынты-шынтысымен, жан-тәнімен, құлшына.* **Бармен базарлау**. *Барға разы болу, қолдағыны қанағат тұту.* **Бар ойы.** *Есі-дерті, бар мақсаты.* **Бар өнері.** *Есілдерті, бар ойы.* **Барымен базар.** *Азға қанағат.* **Барынан жоғы игі.** *Тірі жүргеннен гөрі құрып кетсін деген мағынада айтылады.* **Барын аямады**. а) *Мал-мүлкін бір нәрсенің жолында сарп етті.* ә) *Күш-жігерін жұмсады, бар күшін салды.* **Барын базар етті**. а) *Азға қанағат етті, шүкіршілік етті.* ә) *Қолындағы барын берді, жиған дүниесін шашты.* **Барын киіп, байлауышын салды**. *Бар жақсысын киінді, сәнденді.* **Барын салды.** *Аянып қалмады, қолдағысын ірікпеді.* **Барын талауға салды.** *Бүкіл байлығын талан-таражға салды, тонады.*

**БАР**= ет. **1.** *Бір жаққа кету.* **2.** *Белгілі бір жерге келу.* **3.** ауыс. *Жақындау, жуықтау.* **4.** *Кездесу, жолығу.* **5.** *Жету, белгілі бір жерге тоғысу.* **6.** ауыс. *Араласу, килігу, дауалау.* **7.** ауыс. *Көшу, ауысу.* **8.** ауыс. *Тұрмысқа шығу, күйеуге тию.*

**Барар жер, басар тау**. *Жан-жағы, айналасы.* **Барар жер, басар тауы қалмады [жоқ]**. *Үміт артар айла-амалы қалмады.* **Барар жерің – Балқан тау**. көне. *Ең алыс жер, мықтағанда алыстап барар жерің.* **Барар күн туды.** *О дүниеге кететін сәт келді.* **Барғанның балтасын, келгеннің кетпенін алып қалу**. *Ешкімге есесін жібермеу.* **Барған сайын**. *Күннен күнге, бара-бара, үсті-үстіне.* **Бармаған жері, баспаған тауы қалмады**. *Барлық жерді аралады, шарлады, кезбеген жері жоқ.* **Бармасаң бадал**. қарғ. *Тілін алмаған адамға (тілазарға) кейігенде айтылатын наразылықты білдіретін сөз, барусыз қал деген мағынада.* **Бармасаң бадал, қара жерге қадал.** қарғ. *Отырған жерден қозғалмай, айтқан бетінен қайтпай қойған адамға кейіп, ашуланғанда айтылатын сөз.* **Барып [шауып] кел.** *Әркімнің бір жұмсауында жүретін адам, «атқа жеңіл телпекпай».* **Барып тұрған**. *Нағыз, шегіне жеткен.*

**БАРАБА** зат. *Татар халқының құрамына кіретін этникалық топ, сол топтың өкілі.*

**Бараба қорамсағы**. көне. *Бараба татарлары жасап шығарған қорамсақ (оқ, жебе салуға арналған) түрі.*

**БАРАБАН[1]** зат. **1.** муз. *Шанағына сірі керіп қаптаған, іші қуыс, цилиндр пішінді соғып ойнайтын саз аспабы, дабыра.* **2.** көне. *Шайқастар мен жекпе-жек алдында сарбаздардың рухын көтеру үшін соғылатын аспап.*

**БАРАБАН[2]** зат. анат. *Есту мүшесін бөліп тұратын жұқа дабыл жарғағы.*

**БАРАБАН[3]** зат. тех. *Мәшинелердің қуыс целиндр, кейде конус тәрізді айналмалы бөлшектердің жалпы атауы.*

**БАРАБАН[4]** зат. тех. *Лазерлік принтердің немесе фотокөшірмелеуші құрылғының орталық бөлігі.*

**БАРАБАН[5]** зат. сәулет. *Ғимарат күмбезін көрнекі әрі әсерлі көрсету үшін салынатын күмбезасты қабырға.*

**БАРАБАНДА**= ет. *Барабан қағу, барабан ұру.*

**БАРАБАНДАТ**= ет. *Барабан соқтыру, барабан қақтыру.*

**БАРАБАНДАТУ** *Барабандат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРАБАНДЫ** сын. *Барабаны бар.*

**Барабанды вакуум сүзгі**. кен. *Сүзгіш беті цилиндр пішіндес жабдық.* **Барабанды жинағыш**. тех. *Жатып қалған дестелерді жинау үшін жаткаға орнатылған жабдық.* **Барабанды кептіргіш**. тех. а) кен. *Байытудан алынатын концентраттарды құрғату үшін қолданылатын аппарат.* ә) тамақ. *Сусыма материалдарды ішіне берілетін кептіру агентінің күшімен кептіретін қондырғы.*

**БАРАБАНДЫҚ** сын. инф. *Барабанға қатысты.*

**Барабандық басу құрылғысы**. инф. а) *Айналмалы барабан түріндегі қаріп тасуышы бар жолма-жол басу құрылғысы.* ә) *Лазерлік принтердің бір түрі.* **Барабандық графиксалғыш**. инф. *Айналып тұрған барабанның бетіне кескіннің суретін салатын графиксалғыш.*

**БАРАБАНШЫ[1]** зат. *Барабанда ойнаушы, барабан қағушы, дағырашы.*

**БАРАБАНШЫ[2]** зат. жерг. *Комбайнға бидай тастаушы.*

**БАРАБАР** сын. *Тепе-тең, пара-пар, бірдей, теңдес.*

**БАРА-БАРА** үст. *Уақыт озған сайын, жүре келе, ілгері келе, өсе келе.*

**БАРАБАРЛЫҚ** зат. филос. <лат. adaeguates> **1.** *Заттың, құбылыстың өзіне-өзі тең болуын немесе бірнеше заттың өзара теңдігін білдіретін ұғым.* **2.** *Түрлі елдердің ақша өлшемдері арасындағы осы ақша өлшемдерін алтын мөлшері бойынша көрсететін арасалмағы.*

**БАРАК** [франц. barac] зат. **1.** ***Барақ*** *(уақытша тұруға арналған үйшік).* **2.** көне. *Әдетте жұқпалы аурулар жататын ауруханының бөлек үйі.*

**БАРАКАЛЛА** од. ***Бәрекелді*** *(«Алла жарылқасын» дегенді білдіретін, қоштау, қолпаштау, тілек сөз).*

**БАРАҚ[1]** зат. *Уақытша тұру үшін бірнеше отбасына арналып салынған, ішкі есіктері бір дәлізге шығатын үй.*

**БАРАҚ[2]** сын. *Ұзын, қалың, түкті, бұйра.*

**Барақ бұзау.** малшар. *Жүні сабалақ (ұйпа) жүнді келген бұзау.* **Барақ ит**. *Жүні ұзын, жүндес ит, ерекше ірі қасқыр алатын төбет иттің тұқымы.* **Барақ кілем**. *Ұзын түкті жүн кілем.* **Барақ сақал**. *Ұзын, қалың өскен сақал.*

**БАРАҚАТ** зат. көне. ***Береке***.

**БАРАҚАТТЫ** сын. көне. ***Берекелі***.

**БАРАҚША** үст. *Барақ кілем сияқты.*

**БАРАҚЫ** сын. ***Барақ[2]***.

**Барақы аю**. зоол. *Бұйра ұзын жүнді аю түрі.*

**Барақы тау**. *Ағашы, шырша-аршасы қалың өскен биік тау.*

**БАРАН[1]** зат. *Мал, дүние, мүлік.*

**БАРАН[2]** зат. *Құрлық; жер; құрғақ жер.*

**БАРАН[3]** сын. *Қара қоңыр, қара кер түсті (жылқыға қатысты). // Қара қоңыр, қара кер түсті жылқы.*

**Баран жылқы**. *Қылшық жүні қарақоңыр, каракер түсті жылқы.*

**БАРАН[3]: баран мылтық**. жерг. *Берен мылтық, ұңғысы ұзын, шиті мылтық.*

**БАРАН[4]** зат. жерг. *Жария.*

**БАРАНДА**= ет. *Жақындаңқырау, маңайлау, жуықтау.*

**БАРАНДАН**= ет. *Қарақоңырлану, қараңғылану.*

**БАРАНДАНУ** *Барандан етістігінің қимыл атауы.*

**БАРАНДАУ** *Баранда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРАНДАУ** сын. *Қарагерлеу.*

**БАРАНЕТКА** зат. балықшар. *Якутия су айдындарында кездесетін жұмыр ақ балық.*

**БАРАР-БАРМАС** сын. *Баратын-бармайтыны белгісіз.*

**БАРАТ** зат. *Мұсылман санағы бойынша, сегізінші шағбан айының он төртінші күні.*

**Барат түні**. діни. *Жылына бір келетін қасиет ті төрт түннің бірі.*

**БАРАТРИЯ** [ағыл. barratry] зат. экон. заң. *Кеме капитаны немесе команда мүшелері тарапынан кеме иесіне, жүкке қасақана жасалатын залал, зиянкестік.*

**БАРАХОР** сын. көне. ***Парақор***.

**БАРАҺИН** [ар.] зат. *Дәлел, дәйек.*

**БАРАШАҚ** сын. сөйл. *Баратын, бара жатқан.*

**БАРБАҒЫТТЫ** сын. электр. радио тех. *Әуе толқынындағы барлық бағыттан хабар тарататын, барлық станциялармен байланыс ұстайтын.*

**БАРБАҢ** елік. *Қолапайсыз қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**БАРБАҢДАУ** *Барбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРБАҢ-БАРБАҢ** елік. *Қайталанған қолапайсыз, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Барбаң-барбаң етті**. *Ебедейсіз қозғалды, арбаңдады.*

**БАРБАҢДА**= ет. *Барбаң-барбаң ету, арбаңдау.*

**БАРБАҢДАТ**= ет. *Барбаң-барбаң еткізу.*

**БАРБАҢДАТУ** *Барбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАР-БАР** елік. *Қайта-қайта шыққан үздіксіз естілген гүрілдеген жуан дауысты білдіретін сөз.*

**Бар-бар етті**. *Барылдады, гүрілдеді.*

**БАРБАРА** зат. мед. *Шипалық қасиеті бар тұз.*

**БАРБАРИС** [лат. berberis] зат. биол. ***Бөріқарақат***.

**БАР-БАРЛЫҒЫ** зат. сөйл. *Түгелі, баршасы.*

**БАР-БАРША** зат. *Күллі, барлық, барша.*

**БАРБАТ** [ир. بربات] сын. ескікіт. *Бекер, босқа шашылған; бұзылған.*

**БАРБЕКЮ** [ағыл. barbecue] зат. тамақ. *Еуропалықтармен батыс мәдениеті дастарқан мәзіріне тән ашық аспан астында шоққа пісірілетін тағамдар.*

**БАРБИ**= ет. *Быртию, ісіну, тырсылдау, күп болу, баржию.*

**Барбиған саусақтар [қол]**. *Томпақ, быртиқ, қысқа саусақтар.*

**БАРБИ** [ағыл. Barbie] зат. *3-14 жас аралығындағы балаларға арналған сүйкімді ойыншық, қуыршақ.*

**БАРБИТ**= ет. *Торситу, ісіндіру (көпірту).*

**БАРБИТУ** *Барбит етістігінің қимыл атауы.*

**БАРБИЫҢҚЫ** сын. *Жуандау, ісіңкілеу.*

**БАРБИЮ** *Барби етістігінің қимыл атауы.*

**БАРБОТАЖДАУ** зат. кен. *Қойыртпақ не ерітінділер арқылы ауа не басқа газдың қысыммен өткізілуі.*

**БАРБОТЕР** зат. *Төменгі жағында сыздықтатып су, бу немесе газ ағызатын түтік орнатылған, сұйықтарға арналған сыйымдылық.*

**БАРБОТИН** [франц. barbotine] зат. *Ақ саз құм мен бояу қоспасынан жасалатын түсті материал (зат).*

**БАРБУС** зат. зоол. *Температурасы 24-26°С суда тіршілік ететін аквариумда ұстау ға болатын дене тұрқы кішкентай балық.*

**БАРҒАН-ТҰРҒАН** сын. *Қатынасқан, араласқан.*

**БАРҒЫЗ=** ет. *Белгілі бір жерге жеткізу, апарғызу.*

**БАРҒЫЗДЫРТ=** ет. *Біреу арқылы баруға мәжбүр ету.*

**БАРҒЫЗДЫРТУ** *Барғыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҒЫЗУ** *Барғыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҒЫШ** сын. *Бара бергіш, баруды ұнататын, баруын қоймайтын.*

**БАРҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта бара беру, аз уақытта бірнеше рет бару.*

**БАРҒЫШТАУ** *Барғышта етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҒЫШТЫҚ** зат. *Бара бергіштік.*

**БАРД** [кельт. bard] зат. өнер. *Әуенін де, сөзін де өзі жазып, әнін өзі орындайтын автор.*

**БАРДА** ор. зат. ауылшар. *Арақ-шарап қайнатқаннан қалған қойыртқы қалдық, малма, қоймалжың, құнарлы мал азығы.*

**БАРДАЙ** сын. *Бар сияқты, бар тәрізді.*

**БАРДАҚ** зат. **1.** көне. ***Долыхана***. **2.** жерг. *Үйге қойылатын тіреудің басынан өткізетін ағаш.* **3.** жерг. *Саржандап салған кесінді ағаш.*

**БАРДАМ** сын. жерг. *Күйлі, әл-ауқатты.*

**БАРДЕК** зат. кәс. *Жүгері дәнін жинап алғаннан кейін қалған сабағы.*

**БАРЕЛЬЕФ** [франц. bas-relief] зат. *Тегіс заттың бетіне салынған бедерлі бейненің, мүсіннің бір түрі, төменгі рельеф.*

**БАРЖА** [франц. Barge] зат. *Сүйреткіш немесе итергіш кемемен ғана қозғалатын, өздігінен жүрмейтін жалпақ түпті жүк таситын кеме.*

**БАРЖАЛЫ** сын. *Баржасы бар, баржа тіркелген.*

**БАРЖИ=** ет. *Барбию, быртию, ісіну, домбығу.*

**БАРЖИЮ** *Баржи етістігінің қимыл атауы.*

**БАР-ЖОҚ** зат. **1.** *Анау-мынау, не болса сол, жоқтан өзге.* **2.** *Қолда бар нәрсе мен табылуы қиын, қолға түсе бермейтін зәру заттар.* **3.** ауыс. *Тіршіліктегі, тұрмыстағы баршылық пен жоқшылық. // Не бар, не жоқ екендігі.*

**БАР-ЖОҒЫ** үст. *Бар болғаны, не бары, барлығы.*

**БАРЖОМ** зат. сөйл. *Баржом шипалы минералдық су.*

**БАРИБАЛ** зат. зоол. *Солтүстік Америка ормандарында тіршілік ететін қара аю.*

**БАРИГЛОССИЯ** зат. псих. *Баяу, анық емес сөйлеу.*

**БАРИЙ** [грек. barys] зат. хим. *Жұмсақ, күміс түсті химиялық сақарлы металл.*

**Барий қосылыстары.** *Барий элементі түзетін тұрақты химиялық қосылыстар.* **Барий нитраты.** хим. *Түссіз кристалдық зат, суда ерімтал.* **Барий хроматы.** хим. *Тотықтырғыш, сонымен қатар ҚЗ, сіріңке шырпысының басына жағылатын құрамдардың құрауышы ретінде қолданылатын қышқыл.*

**БАРИЛАЛИЯ** зат. псих. *Күмілжіп, міңгірлеп сөйлеу, нашар артикуляция.*

**БАРИЛИЯ** зат. балықшар. *Тұқы тұқымдасына жататын кәсіптік маңызы шамалы жыртқыш балық.*

**БАРИОН** [грек. barys] зат. физ. -астр. *Жартылай спині бар, массасы протон салмағынан кем болмайтын ауыр элементар бөлшектер тобы.*

**БАРИСФЕРА** [грек. barys – ауыр, sphaira – шар] зат. физ.-астр. *Жер шарының ауыр орталық ядросы.*

**БАРИТ** [грек. Barys] зат. геол. *Өндірісте және ауыл шаруашылығында, медицинада қолданылатын сульфат тобына жататын минерал, ауыр тас, ауыр шпат.*

**БАРИТОН**[1] [итал. barytonos] зат. муз. **1.** *Ер адамға тән тенор мен бастың аралығындағы орта дауыс.* **2.** *Осындай дауысты әнші.*

**БАРИТОН**[2] зат. муз. *Орташа регистрлі және тембрлі үрлемелі сазды аспап.*

**БАРИТОНШЫ** зат. *Баритон аспабында ойнайтын музыкант.*

**БАРК** [голл. ағыл. bark] зат. *Жүк таситын үлкен желкенді теңіз кемесі.*

**БАРКА** [итал. barca] зат. **1.** *Үсті ашық, түбі жалпақ, жүк таситын үлкен сүйретпе қайық.* **2.** *Ұзындығы 10 метрге жуықтайтын желкенді-еспелі палубасыз балық аулау кемесі.*

**БАРКАРОЛА** [итал. barcarola] зат. өнер. *Венеция қайықшылары мен ескекшілерінің әні және осы сарынды әуен.*

**БАРКАС** [голл. barcas] зат. **1.** *Көп ескекті, моторсыз үлкен қайық.* **2.** *Балық аулауға, жүк тасымалдауға арналған, өздігінен жүретін қайық.* **3.** *Ағаштан немесе металдан жасалатын, өздігінен жүрмейтін баржа типтес өзен кемесі.*

**БАРҚ** елік. *Кенеттен шыққан жағымсыз қысқа жуан дауысты білдіретін сөз.*

**Барқ етті.** *Кенет қатты дауыс шығарды, жағымсыз үнмен барқырады, даусы жуан шықты.*

**БАРҚАДАМ: барқадам таппады.** *Байыз таппады, тыншымады.*

**БАРҚАДАР: барқадар тапты.** *Береке, опа тапты, рақат тапты.*

**БАРҚАДАРЛЫ** үст. *Берекелі, жөнді, пайдалы.*

**БАРҚАДАРЫНША** үст. *Мүмкіндігінше, шамасы келгенінше.*

**БАРҚАН: барқан мысық.** зоол. *Жабайы мысықтар.*

**БАРҚ-БАРҚ** елік. *Қайталанған қысқа жуан дауысты бейнелейтін сөз.*

**Барқ-барқ етті.** а) *Үйрек өзіне тән дыбыспен барқылдады.* ә) *Адам қайталанған жағымсыз жуан дауыс шығарып, барқылдады.*

**БАРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Иттің барқ-барқ етіп үруі.* **2.** *Үйрек, қарға т.б. құстардың барқ-барқ етіп дыбыстауы.* **3.** *Барқ-барқ еткен қысқа, шолақ дыбыстардың шығуы.* **4.** *Қарлығыңқы, барқылдаған дауыспен сөйлесу.*

**БАРҚЫЛДАҚ** сын. *Барқ-барқ еткіш, үргіш (ит туралы).*

**БАРҚЫЛДАТ=** ет. *Бір нәрсені (біреуді) барқ-барқ еткізу, барқыраған дыбыс шығарту.*

**БАРҚЫЛДАТУ** *Барқылдат етістігінің қимыл атауы; барқ-барқ еткен дыбыс шығарту.*

**БАРҚЫЛДАУ** *Барқылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫН**[1] зат. көне. *Қазақ жеріндегі байырғы қоныстарда өлген адамдарға салынған құрылыс атауы. // Өлгендерге арнап салынған қорғаны, кесенесі бар.*

**БАРҚЫН**[2] зат. жерг. *Уақытша тұруға арналған баспана.*

**БАРҚЫН**[3] зат. саят. *Он екі жастан асқан, қартайған бүркіт.*

**БАРҚЫН**[4] зат. өс. ***Қарабарақ.***

**БАРҚЫН**[5] зат. *Қалың нулы, жынысты жер.*

**БАРҚЫН**[6] зат. *Теңіз жағасы.*

**БАРҚЫН**[7] сын. *Қоңырқай жасыл.*

**БАРҚЫНДА=** ет. *Түн қараңғысы сейіліп, айналадағы заттардың қараңдап, қарауытып көріне бастауы.*

**БАРҚЫНДАН=** ет. *Қалыңдану, ну жынысқа айналу.*

**БАРҚЫНДАНУ** *Барқындан етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫНДАУ** *Барқында етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫНДЫ** сын. *Көк майсалы, қалың жынысты.*

**Барқынды жер.** жерг. *Отты жер, шөбі шүйгін, суы мол, малға жайлы жер.*

**БАРҚЫРА=** ет. **1.** *Иттің барқ-барқ етіп үруі.* **2.** жағымсыз. *Адамның барқ-барқ етіп дауыстауы, жағымсыз, қатты дауыспен сөйлеуі.*

**БАРҚЫРАС=** ет. *Қатты, төмен дауыс шығарысу.*

**БАРҚЫРАСУ** *Барқырас етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫРАТ=** ет. *Тамаққа барынша күш түсіру арқылы дауысты қатты шығару.*

**БАРҚЫРАТУ** *Барқырат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫРАУ** *Барқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫРАУЫҚ** сын. сөйл. *Барқырай беретін, бақырауық, айғайшыл.*

**БАРҚЫТ** зат. **1.** *Оң жағы тығыз түкті келген, жұмсақ, мақпал мата.* **2.** *Барқыт матадан тігілген зат (киім, көрпеше, төсеніш т.б.).* // бейн. *Қалың, қою, түкті.* // бейн. *Жайқалған, әдемі.*

**Барқыт дала.** поэт. *Көк майсалы, шөбі шүйгін шалғынды жер.* **Барқыт көк [аспан].** *Қалың қара-ала бұлт торлаған аспан.* **Барқыт қара көз.** *Тұнық, қарашығы мақпалдай қанық, қою қап-қара көз.* **Барқыт тау.** *Ағашы, бұтасы мен шөбі қалың өскен, өсімдікті, шөп-шалғыны мол тау.* **Барқыт түн.** *Жата жайлы самалы бар, қою қара түн.*

**БАРҚЫТГҮЛ** зат. өс. сөйл. ***Барқытшөп.***

**БАРҚЫТТАЙ** сын. **1.** *Барқыт сияқты, барқыт тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлбіреген, әдемі (бет, жүз).* **3.** ауыс. *Жұп-жұмсақ, жайлы дауыс, үн.* **4.** ауыс. *Қою, қалың.*

**БАРҚЫТТАН=** ет. *Барқыт сияқтану.*

**БАРҚЫТТАНУ** *Барқыттан етістігінің қимыл атауы.*

**БАРҚЫТША: барқытша көбелектер.** зоол. <лат. satyridae> *Жәндіктер тобының қабыршаққанаттылар отрядының тұқымдасы.*

**БАРҚЫТШӨП** зат. өс. <лат. tagetes> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**БАРЛА=** ет. **1.** *Төңіректі, айналаны бағдарлау, байқау; бақылап шолу.* **2.** *Сынай қарау, байыптап байқастау.* **3.** *Аңғару, білу, аңдау.* **4.** *Ажырату, айыру, тану.* **5.** *Ой жіберу, толғану.* **6.** *Көру, шырамыту.* **7.** *Зерттеу, анықтау.*

**БАРЛА=** ет. сөйл. ***Паралау.***

**БАРЛАҒЫШ** сын. *Тез бағдарлай қоятын, байқағыш, аңғарымпаз.*

**БАРЛАМ** сын. сөйл. ***Бардам.***

**БАРЛАМПАЗ** сын. *Айналасына, алды-артына жиі көз тастап, ой жүгіртіп отыратын сақ, ойлы, барлағыш.*

**БАРЛАМПАЗДЫҚ** зат. *Барлампаз болушылық, байқағыштық.*

**БАРЛАН=** ет. *Байқалу, тексерілу, түгенделу, қарастырылу.*

**БАРЛАНУ** *Барлан етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЛАС=** ет. *Байқасу, бірге шолу жасау, екі жақты әрекет етісу, аңдысу.*

**БАРЛАСУ** *Барлас етістігінің қимыл атауы; аңдысу.*

**БАРЛАТ=** ет. **1.** *Қарату, шолдыру, байқату, тексерту.* **2.** *Іздестіру, іздеу салу.*

**БАРЛАТУ** *Барлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЛАУ** *Барла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төңіректі, айналаны бағдарлау, бақылау.* **2.** *Бақылау, іздену, зерттеу.* **3.** *Пайымдау, ойлау.* **4.** *Сынау, байқап көру.* **5.** әск. *Жау күштері мен олардың орналасуы туралы мәліметтер жинайтын жауынгерлік қимылдардың бір түрі.* **6.** геол. *Кен байлығын бағдарлап зерттеу.* **7.** экон. *Мердігердің босалқы қорларға құқықты сатып алғанға дейін де, оны сатып алғаннан кейін де орындаған жұмыстары мен жұмсаған шығындары.*

**Барлау авиациясы**. әск. *Қарсыластың күштері мен оның тактикалық, оперативтік және стратегиялық бағыттағы түрлі объектілері жайында мәлімет алу үшін арнаулы құралмен жабдықталған барлаулы ұшақ, тікұшақ, ұшатын аппараттар.* **Барлау алқабы**. әск. *Бірлестіктердің күштерімен, құралдарымен барлау жүргізілетін оң және сол жақтары шектеуші сызықтармен шектелген қарсыластың орналасқан орындарындағы жергілікті жер жолағы.* **Барлау жасағы**. әск. *Қарсылас туралы, шабуылда қолайлы жер туралы т.б. мәліметтер алу үшін жалпы әскери құрамадан аса маңызды бағытқа жіберілетін тактикалық барлау органы.* **Барлау және нысана көрсету стансысы**. өск. *Әуе нысаналарын табу және зениттік ракеталар әскері мен зениттік артиллерия батареяларға нысананы көрсетуге арналған радиолокациялық стансы.* **Барлау мәліметтері**. әск. *Ұрыс алдында, сондай-ақ ұрыс барысында шешім қабылдау үшін командирге қажет болатын қарсылас, жергілікті жер, метеорологиялық жағдай және т.б. туралы мәліметтер.* **Барлау схемасы.** еск. *Барлау, бақылау жоспары.* **Барлау ұңғымасы.** кен. *Пайдалы қазбаларды іздеу, оның қоры мен сапасын және орналасу жағдайын анықтау үшін қазылатын ұңғыма.* **Барлау шалғыны.** әск. *Барлау жасағында әрекет етуші батальоннан жіберілетін тактикалық барлау органы.*

**БАРЛАУШЫ**[1] зат. **1.** әск. *Төңіректі байқау шы, шолғыншы.* **2.** *Барлау жұмысын жүргізуші.* **3.** геол. *Кен байлығын іздеуші, зерттеуші.* **4.** жерг. *Тексеруші.*

**Барлаушы Жер серігі.** әск. *Арнайы барлау құралдарымен жабдықталған барлау мәліметтерін табуға арналған, орбитаға шығарылған жасанды Жер серігі.* **Барлаушы топ.** өск. *Ұрыстың жылжымалы түрлерінде, сондай-ақ қарсыласпен түйіспеген қорғаныс кезінде қарсылас пен жергілікті жерге барлау жүргізу үшін құрамалар мен бөлімдерден арнайы жіберілетін әскери барлау органы.* **Барлаушы ұшақ.** әск. *Әуе барлауын жүргізуге арналған, арнайы техникалық жабдықтары (аэрофотоқондырғы, радиолокациялық қондырғы т.б.) бар әскери ұшақ.*

**БАРЛАУШЫ**[2] зат. радио. тех. *Импульс.*

**БАРЛАУШЫДАЙ** сын. *Барлаушы тәрізді, барлаушы сияқты.*

**БАРЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Барлау жұмысымен шұғылданушылық, барлаушы болу.*

**БАРЛЫ-БАРЛЫ** од. фольк. *Қазақша өлең ұйқасы үшін қолданылатын өлшем үлгісі.*

**БАРЛЫҒУ** *Барлық етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЛЫҒЫҢҚЫ** сын. *Барлығып қалған, қарлығыңқы.*

**БАРЛЫ-ЖОҒЫ** үст. *Не бары, бар болғаны.*

**БАРЛЫ-ЖОҚТЫ** сын. *Азды-көпті, аз ғана, көп емес, азын-аулақ.*

**БАРЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Молдық, молшылық, баршылық.* **2.** *Бар екендік, жоқ еместік.* **3.** филос. *Бар болушылық.*

**Барлыққа келтіруші.** *Бар қылушы, жаратушы.*

**БАРЛЫҚ**[2] зат. *Бүкіл, түгел, барша, күллі.*

**Барлық міндеті кісіде.** *Күш-қуаты кеміген, әл-дәрмені жоқ, аурудан қажыған, қарттықтан жеңіліп, әлсіреген күй.*

**БАРЛЫҚ=** ет. **1.** *Семіз аттың шапқанда алқынуы, екпіні қайтуы.* **2.** *Айғайлаудан дауыс тың бар-бар етіп қарлығуы.*

**Барлыққан жылқы [ат]**. *Семіздей мініліп, қызыл май болуға аз-ақ қалған жылқы.* **Барлыққан түйе**. *Семіздей мініліп, қиналып жүрген түйе.*

**БАРЛЫҚТЫР=** ет. *Шектен тыс болдырту, алқындыру, шаршату.*

**БАРЛЫҚТЫРУ** *Барлықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАРМАҚ**[1] зат. **1.** ***Бас бармақ.*** **2.** *Саусақ, қол мағынасында.*

**Бармағы бал.** *Асты, тағамды дәмді дайындайтын адам туралы.* **Бармағы батпады.** *Бір іске тісі батпады, қолынан келмеді, шамасы жетпеді.* **Бармағы бүгулі.** *Жасырын ойы, пиғылы бар.* **Бармағы майысқан.** *Қолынан келмейтіні жоқ, шебер, ісмер.* **Бармағына қыстырды.** *Бір затты өзгеге сездірмей берді, ұстатты.* **Бармағынан бал [он саусағынан өнер] тамған.** *Асқан шебер, өнерпаз.* **Бармағынан күй төгілді.** *Күйді шебер орындады.* **Бармағын басты.** көне. *Куәландырды, растады.* **Бармағын бүгіп қалды.** *Бір нәрсені жасырып қалды.* **Бармағын емді.** *Ештеңемен жұмысы болмады, айтқанның байыбына бармады, саусағын сорып тұра берді.* **Бармағын еміздi.** *Құр сөзбен шығарып салды, нақты көмек көрсетпеді.* **Бармағын көрсетті [шошайтты].** *Бір нәрсеге риза болғандығын білдіру үшін жасалатын ишарат белгі («міне», «мынадай», «қатқан» деген мағынада).* **Бармағын майға батырды.** *Байлыққа кенелді, молшылыққа жетті.* **Бармағын тістеді [шайнады].** *Қатты өкінді, опық жеді.* **Бармағын [қолын] шығарды.** бейпіл. *Боқты аларсың деген мағынадағы ишарат.* **Бармақ асты.** *Жасырын, құпия.* **Бармақ басты.** *Жазу-сызуды білмейтін, хат танымайтын адамның қағазға, құжатқа қол қою орнына бармағын басуы.* **Бармақ бастыға салды.** *Жең ұшынан жалғасты; ауыз жаласты.* **Бармақ басты, көз қысты.** а) *Бір мәселе жайында алдын ала жасырын келісіп, жең ұшынан жалғасты.* ә) *Құлық-айласы аралас, ымырашыл.* **Бармақ бастылық.** *Пара беру арқылы жақсы нәрсеге қол жеткізу, жең ұшынан жалғасушылық.* **Бармақ бастырды**. *Өз сөзін растау үшін, сауаты жоқ адамның қолын қойдыру орнына бармағын бастырды.* **Бармақ басым.** *Өте кішкентай, ұлтарақтай, аз ғана, шағын.* **Бармақ [бармақтың] басындай.** а) *Аз, шағын, кішкентай деген мағынаны білдіретін халықтық өлшем.* ә) *Үлкендігі бармақтың көлеміндей.* б) *Бадандай ірі, толық.* **Бармақ батпайтын.** *Тығыз, мығым, бос емес.* **Бармақ батырды.** *Құқай көрсетті, қоқан-лоқылық істеді.* **Бармақ бауырсақ.** тамақ. *4-5 см шамасында ұзынша және бір жағына қарай бүгіс етіп пісірілген бауырсақ.* **Бармақ елі.** этн. *Бір бармақтың еніндей қалыңдық мөлшерін білдіретін халықтық өлшем атауы.* **Бармақ қазы.** *Қалыңдығы бармақ мөлшерлі, майлы, семіз қазы.* **Бармақ мұртты.** *Майысқан бармақ пішінді мұрты бар (адам).* **Бармақ сақина.** *Бас бармаққа киетін сақина.* **Бармақ тістеттірді.** *Зая кетірді, өкіндірді.* **Бармақ шайнаттырды.** *Өкіндірді, опық жегізді.*

**БАРМАҚ**[2] зат. әдеб. *Әр жолындағы буын сандарының біркелкі келу заңдылығына негізделген түркі тілдес халықтар поэзиясындағы буын өлшемі. Кейде буын уәзіні деп те аталады.*

**БАРМАҚНАН** зат. жерг. *Қамырын қолмен үзіп сорпаға салатын нан.*

**БАРМАҚСЫЗ** сын. *Бармағы жоқ.*

**БАРМАҚТА=** ет. *Бармақ жұмсау, бармағын батыру.*

**БАРМАҚТАЙ** сын. **1.** *Өте шағын, кішкентай.* **2.** *Болар-болмас, титімдей, болмашы ғана, аз.* **3.** *Бадандай ірі, толық (дән).*

**Бармақтай бақ берсін [қонсын].** тілек. *Бағың ашылсын, жолың болсын деген мағынада.* **Бармақтай бақ құралды.** стиль. *Дәулет қонды, мал бітті.* **Бармақтай бала.** *Әлі өсіп жетілмеген кішкентай сәби.* **Бармақтай денелі.** *Шағын, кішігірім.*

**БАРМАҚТАЙ-БАРМАҚТАЙ** сын. *Ірі-ірі, кесек.*

**БАРМАҚТАУ** *Бармақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАРМӘЗІР** зат. *Қолда бар ең соңғы мүлік, зат.*

**БАРМЕН** [ағыл. barman] зат. **1.** *Бар иесі немесе барды басқарушы (адам).* **2.** *Барда жұмыс істейтін, арқалықтың ар жағында тұрып, арақ-шарап сататын қызметші.*

**БАРН** [ағыл. barn] зат. физ. *Ядролық процестердің тиімді көлденең қимас ауданын сипаттау үшін қолданылатын бірліктер жүйесінен тыс өлшем бірлігі.*

**БАРОГРАММА** [грек. baros – ауырлық, grapho – жазамын] физ.-астр. *Барографтың қисық жазуы.*

**БАРОГРАФ** [грек. baros – ауырлық, grapho – жазамын] зат. физ.-астр. *Ауа райын болжау үшін қолданылатын, атмосфералық қысымды өзі жазатын аспап, барометр.*

**БАРОКАМЕРА** [грек. baros – ауырлық, лат. camera – бөлме] зат. физ. *Қысымы біркалыпты, таза ауа толтырылған, науқастарды емдеу үшін қолданылатын тұмшаланған жабық орын (құрал, герметикалық камера).*

**БАРОККО** [итал. barocco] зат. **1.** тар. сәулет. *XYI ғасырдың соңынан XYIII ғасырдың ортасына дейін қолданылған айшықты сәулет стилі.* **2.** әдеб. *Көркемдік стиль.*

**БАРОМЕТР** [грек. baros – ауырлық, metron – шама] зат. физ. *Ауа қысымын өлшейтін, күн райын болжайтын арнаулы аспап.*

**БАРОМЕТРЛІК: барометрлік қысым.** физ. *Атмосфералық қысым.* **Барометрлік формула.** физ. *Газ қысымының немесе тығыздығының ауырлық күші өрісіндегі биіктікке тәуелділігін анықтайтын формула.*

**БАРОН** [франц. baron] зат. тар. *Батыс Еуропадағы графтан бір саты төменгі дворяндық лауазым.*

**БАРОНДЫҚ** зат. *Баронға тән, соған қатысты иелік.*

**БАРОНЕССА** зат. тар. *Баронның қызы немесе әйелі.*

**БАРОРЕЦЕПТОР** [грек. baros – ауырлық, лат. recipere – қабылдаушы] зат. биол. *Қан, лимфа тамырлар және ішкі мүшелер қабырғаларында орналасқан, оларға түсетін қысымды қабылдайтын сезімтал жүйке ұштары.*

**БАРОСКОП** [грек. baros – ауырлық, грек. skopeo – бақылаймын] зат. физ. *Ауаның өзгерісін, қысымын өлшеп анықтайтын аспап.*

**БАРОСЫНАЛЫҚ** сын. физ. *Сұйықтықта болатын тығыздық бөлінісінің (таралуының) екі шамаға тәуелді, байланысты болуы.*

**БАРОТЕРАПИЯ** [грек. baros – ауырлық, therapeia – емдеу] зат. мед. *Емдеу мақсатында*

*төменгі немесе жоғары атмосфералық қысымды қолдану.*

**БАРОТРАВМА** [грек. baros – ауырлық, trauma – зақым] зат. биол. *Атмосфералық қысымның кенет өзгеруінен организмнің зақымдануы.*

**БАРОТРОПТЫҚ: баротроптық құбылыс [өзгеріс].** физ. *Сұйықтықта болатын тығыздық бөлінісінің (таралуының) бір шамаға тәуелді болуы.*

**БАРП-БАРП** елік. *Даңғырлап, айғайлап, жөн-жосықсыз сөйлегендегі жағымсыз жуан дыбысқа ұқсап қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Барп-барп сөйледі.** *Жөн-жосықсыз сөйлеп, мазаны алды.*

**БАРПЫЛ** зат. *Барп-барп еткен дыбыс, үн.*

**БАРПЫЛДА=** ет. *Барп-барп етіп сөйлеу.*

**БАРПЫЛДАС=** ет. *Барп-барп етіп жарыса сөйлеу.*

**БАРПЫЛДАСУ** *Барпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАРПЫЛДАТ=** ет. *Барп-барп еткізу.*

**БАРПЫЛДАТУ** *Барпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРПЫЛДАУ** *Барпылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРРАЖ** [франц. barrage] зат. **1.** әск. теңіз. *Су беті және су асты кемелеріне қарсы бөгет жасау мақсатымен қолданылатын тосқауыл.* **2.** әск. әуе. *Жау ұшқыштарының ұшуына кедергі келтіру үшін арнайы жасалған әуе тосқауылдары.* **3.** теміржол. *Баспалдақты тіреуіш түрінде жасалатын, бөгет қызметін атқаратын қабырға.*

**БАРРАКУДА** [ағыл. barracuda] зат. биол. *Теңізде мекендейтін жыртқыш балық; теңіз шортаны.*

**БАРРЕЛЬ** [ағыл. barrel] зат. экон. *Сұйық және сусымалы заттардың көлемі мен сыйымдылығын өлшеу бірлігі.*

**БАРРИКАДА** [франц. barricade] зат. *Көше ұрыстары кезінде қорғаныс ретінде жасалған тосқауыл, бөгет.*

**БАРРИКАДАЛА=** ет. *Баррикада жасау.*

**БАРРИКАДАЛАУ** *Баррикадала етістігінің қимыл атауы.*

**БАРРИЛЬ** [исп. barril] зат. **1.** *Латын Америкасы елдерінің бірқатарында қолданылатын сұйықтық өлшем бірлігі.* **2.** *Испанияда қолданылатын салмақ өлшем бірлігі.*

**БАРРИСТЕР** [ағыл. barrister] зат. филос. саяси. *Ұлыбританиядағы аса жоғары дәрежелі адвокат.*

**БАРС** ор. зат. тар. филос. *Байбатша, шонжар.*

**БАРСАЗАН** зат. бот. *Шөлейт жерде өсетін мал оты.*

**БАРСАКЕЛМЕС** зат. миф. *Өте алыс жер, қайтып оралмас сапар.*

**Барсакелмеске жіберді**. *Қайтып оралмайтындай ұзаққа жөнелтті.* **Барсакелмес қорығы.** *Арал теңізінің солтүстік батыс бөлігіндегі Барсакелмес аралында орналасқан қорық.*

**БАРСАХ** зат. *Ұзындық өлшем бірлігі.*

**БАРСИСА** [ар.] зат. *Діни кітаптардағы сопы бола жүріп, сайтанның азғырғанына еріп, азғынданып, Құдайдың қарғысына ұшыраған адам.*

**БАРТ**[1] зат. *Тері өңі күрең қоңыр тартып, көтеріліп қалыңдап, қап-қатты болған ісік.*

**Барт бет**. *Быртиған, толықша, қызылы шығып тұрған томпақ бет.*

**БАРТ**[2] елік. *Бажырайып жарылған қауыздың шығаратын қысқа даусы сияқты дыбысты білдіретін сөз.*

**БАРТ-БАРТ** елік. *Жүгері, бұршақ тәрізді дәндердің ыстықтың әсерінен тарсылдап жарылған кездегі дыбысын бейнелейтін сөз.*

**Барт-барт жарылды [етті]**. *Тарсылдады, бартылдады.*

**БАРТЕР** [ағыл. barter] зат. экон. *Затты, тауарды немесе малды ақшасыз тең құнына баспа-бас алмастыру жүйесі; баспа-бас айырбас.*

**БАРТЕРЛІК** зат. *Бартерге тән.*

**Бартерлік келісім**. *Тауарлардың белгілі бір мөлшері баламалы бағасына сай екінші бір та уарлардың түрімен тікелей алмастырылуы; баспа-бас сауда операцияларының ең қарапайым түрі.*

**БАРТИ=** ет. *Барбию, ұлкею.*

**БАРТИЮ** *Барти етістігінің қимыл атауы.*

**БАРТОҚАЛ** зат. жерг. *Лимон; руталар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаш.*

**БАРТОЛИНИТ** [лат. bartholinitis] зат. мед. *Әйелдің қынап сағасындағы үлкен бездердің (бартолин бездерінің) қабынуы.*

**БАРТТАН=** ет. *Ісіктің бартқа айналуы, шектен тыс ісу, көлку.*

**БАРТТАНУ** *Бартран етістігінің қимыл атауы.*

**БАРТЫЛДА=** ет. *Барт-барт етіп қатты дыбыс шығару; тарсылдау.*

**БАРТЫЛДАТ=** ет. *Барт-барт еткізіп тарсылдату, сартылдату.*

**БАРТЫЛДАТУ** *Бартылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРТЫЛДАУ** *Бартылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРУ** *Бар етістігінің қимыл атауы; алға жылжу, ілгерілеу, қозғалу.*

**БАРУ-БАРМАУ=** ет. *Бір жақтағы шараға, нәрсеге қатысу немесе қатыспау.*

**БАРУЛЫ=** ет. көне. *Бару етістігінің көне тұлғасы.*

**БАРУШЫ** зат. *Баратын адам.*

**БАРҰҢҒАР** зат. кіт. *Оң қанаттағы әскер.*

**БАРХАДАР** зат. ***Барқадар.***

**БАРХАН** зат. сөйл. ***Барқан.***

**БАРХАНДЫ** сын. ***Барқанды.***

**БАРХОУТ** [нидер. barghout] зат. *Ағаш кемелердің сыртқы қалың белдеуі.*

**БАРЬАМ** сын. *Аласапыран, аралас; қиын, күрделі; ретсіз.*

**БАРША**[1] зат. **1.** *Бүкіл, барлық, күллі.* **2.** *Барлық бастан өткізгені.*

**Барша жан.** *Бүткіл тіршілік иесі, жан-жануар мен жәндіктер, адамзат.* **Барша халық.** *Дүйім жұрт, бүкіл ел.*

**БАРША**[2] зат. *Жүннен, киізден, жіптен жасалатын бұйым түрі.*

**БАРША**[3] зат. сөйл. ***Парша** (мата).*

**БАРША**[4] сын. *Бөлек-бөлек, бөлшек-бөлшек, парша-парша.*

**БАРША**[5] үст. *Әл-ауқатты адамша.*

**БАРШАЛЫҚ** сын. *Баршаға тән, бәріне қатысты.*

**БАРШАХАЛЫҚТЫҚ** сын. жерг. *Бүкілхалықтық.*

**БАРШЫ** зат. көне. **1.** *Ақпарат жеткізуші, хабаршы, жаңалық әкелуші.* **2.** *Барлаушы, шолушы.*

**БАРШЫЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Бар болушылық, барлық, жоқ еместік, жеткіліктілік.* **2.** *Дүниеде бар, ақиқат нәрсе.*

**БАРШЫН**[1] зат. *Жолақты жібек мата.*

**БАРШЫН**[2] зат. *Он бір жастағы бүркіт; кәрі бүркіт.*

**Баршын тартқан дауыс**. *Егде тартқан адамның жарықшақтанған, тарғылданған, қырылдаған даусы.* **Баршын тартты**. *Жасы ұлғайды, шау тартты, қартайды.*

**БАРШЫН**[3] сын. *Тың, күшті, асау, мықты.*

**БАРШЫНГҮЛ** зат. өс. <лат. gladiolus> *Құртқашаш тұқымдасына жататын көпжылдық түйнекті бадаңалы өсімдік.*

**БАРШЫНДА=** ет. **1.** *Қыранның шау тартуы.* **2.** *Баршын тарту, жасы ұлғаю.*

**БАРШЫНДАЙ** сын. *Баршын (бүркіт) тәрізді.*

**БАРЩИНА** ор. тар. зат. *Басыбайлы шаруаның бай-батшалардың жерінде тегін еңбек етуі.*

**БАРЩИНАЛЫҚ** сын. *Барщинаға тән, соған қатысты.*

**БАРЫ** зат. *Адамның меншігіндегі дүние-малы, мүлкі, иелігіндегі жиған-тергені.*

**Барын алдына салды [төкті]**. *Қолдағысын, бар байлығын ірікпеді.* **Барын базар ету**. *Қолда барын ұқсату, азды көптей қылу.* **Барын берді [аямады]**. *Қолындағысын түгел берді.* **Барын сақтап қалды**. а) *Иелігіндегі нәрсені шашау шығармай сақтады.* ә) *Қолынан келгенін аяп қалды, күшін толық жұмсамады.* **Барын салды**. *Бар күш-жігерін аямай жұмсады, бар күшін салды.*

**БАРЫЗ** зат. жерг. ***Желкен.***

**БАРЫҚСЫЗ** сын. сөйл. ***Парықсыз.***

**БАРЫҚТА=** ет. жерг. *Анықтау, білу, парықтау.*

**БАРЫҚТАУ** *Барықта етістігінің қимыл атауы; мәселенің анық-қанығына көз жеткізу.*

**БАРЫЛ** зат. *Бар-бар еткен жағымсыз дыбыс, үн.*

**БАРЫЛДА=** ет. *Тамағын жырта бар-бар етіп, жағымсыз жуан үн шығару, барқырау.*

**БАРЫЛДАҚ** сын. *Көп айғайлайтын, барылдауық.*

**Барылдақ қоңыз**. биол. *Қатты қанаттылар тобына жататын жылтыр қара жәндік.* **Барылдақ торғай**. *Торғайдың бір түрі.*

**БАРЫЛДАТ=** ет. *Бар-бар еткізіп, жағымсыз дыбыстар шығарту.*

**БАРЫЛДАТУ** *Барылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫЛДАУ** *Барылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫЛДАУ**[1] сын. *Жуандау, жағымсыздау (дыбыс, үн).*

**БАРЫЛДАУ**[2] *Барылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫЛДАУЫҚ** сын. *Барылдай беретін, мазасыз.*

**Барылдауық қоңыз**. биол. <лат. carabidae> *Қатты қанаттылар отрядына жататын түн қоңызы; ызылдақ қоңыз.* **Барылдауық үйрек**. зоол. <лат. anas platyrhynchos> *Өзен үйректері туысына жататын кәсіптік маңызы бар ірі құс.*

**БАРЫМТА** зат. тар. *Байырғы қазақ қоғамындағы құн дауы, жесір дауы, жер дауы т.б. байланысты билер кескен құн мөлшерін айыпты жақ өтей алмағанда не одан бұлтарғанда, билердің келісімімен құн даулаушылардың қарсы жақтан өрістегі жылқыларды шауып, айдап алып кетуі.*

**Барымта алды.** *Малын зорлықпен айдап әкетті.* **Барымтаға түскен мал**. *Зорлық-зомбылықпен бір адамнан екіншісінің иелігіне өтіп, қолдан-қолға ауысып жүрген мал.* **Барымтаға түсті.** *Таласқа, дау-дамайға қалды, жан-жақтан қинады.* **Барымтамен бас қосу**. *Есесін қайтару, кек алу мақсатымен іске кіріскен адамның мал барымталау жолын таңдауы.*

**БАРЫМТАДАЙ** сын. *Барымта сияқты, барымта тәрізді.*

**БАРЫМТА-ҚАРЫМТА** з а т. *Барымта және барымталап әкететін мал артық болғанда қарсы жақтың құнды қайтару үшін жасаған әрекеттерінің жалпы атауы.*

**БАРЫМТАЛА=** е т. *Барымтаға қатысып, біреудің малын зорлықпен айдап әкету.*

**БАРЫМТАЛАН=** е т. *Барымтаға ұшырау, талан-таражға түсу.*

**БАРЫМТАЛАНУ** *Барымталан етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫМТАЛАС=** е т. *Жауласқан екі жақтың құн қайтару үшін бірінің малын айдап әкетісуі.*

**БАРЫМТАЛАСУ** *Барымталас етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫМТАЛАТ=** е т. *Біреудің тиесілі малын зорлықпен айдап әкеттіру.*

**БАРЫМТАЛАТУ** *Барымталат етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫМТАЛАУ** *Барымтала етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫМТАЛЫ** с ы н. *Барымтасы бар, барымталасқан.*

**БАРЫМТАЛЫҚ** с ы н. *Барымтаға тән, соған қатысты.*

**БАРЫМТАСЫЗ** с ы н. *Барымтасы жоқ, барымта болмаған.*

**БАРЫМТАШЫ** з а т. *Барымта жасаушы, барымта алуға қатысушы.*

**БАРЫМТАШЫЛ** с ы н. *Барымта алғыш, барымта құмар, барымталағыш.*

**БАРЫМТАШЫЛЫҚ** з а т. *Барымташы болушылық, барымта жолын қуушылық.*

**БАРЫНДА** ү с т. *Бар кезінде, бар уақытта.*

**БАРЫНША** ү с т. *Бар мүмкіндігінше, барлық күш-жігерімен, мейлінше.*

**БАРЫҢҚЫРА=** е т. *Жақындаңқырау, жетіңкіреу әлі де болса таяу.*

**БАРЫҢҚЫРАУ** *Барыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫП-БАРЫП** ү с т. *Біршама уақыт өткен соң, біраздан кейін.*

**БАРЫП-КЕЛ=** е т. **1.** *Жиі қатынасып аралас-құраласу, келіп-кету.* **2.** *Қатынау.*

**БАРЫПҚАШ** з а т. э т н. *Балалар мен жастардың «қасқыр», «қой», «қойшы» болып ойнайтын ойыны.*

**БАРЫРАҚ** с ы н. **1.** *Біршама бар, баршылық.* **2.** *Молырақ, көбірек.*

**БАРЫС**[1] з а т. з о о л. <лат. uncia uncia> *Қара дақтары бар түсі шұбар, мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң.* // а у ы с. *Ержүрек, батыр, қаһарман; жүйрік, топжарған талант.*

**Барыс жылы**. к ө н е р г е н. *Сиыр жылынан кейін, қоян жылынан бұрын келетін ескіше жыл қайырудағы үшінші жылдың аты.*

**БАРЫС**[2] з а т. *Істің бағыты, бет алысы, жағдайы.*

**Барыс септігі.** л и н г в. *Кімге? неге? қайда? деген сұрауларға жауап беріп, бағыттық мағынаны білдіретін, сөйлемде толықтауыш қызметін атқаратын септік жалғауының бір түрі.*

**БАРЫС**[3] з а т. *Жүріс-келіс, араластық.*

**БАРЫС=** е т. *Бірге бару, бір-біріне барып-келу.*

**БАРЫС-КЕЛІС** з а т. **1.** *Келім-кетім, аралас-құраластық.* **2.** *Бір жерге барып қайтуға кететін уақыт не жолдың өлшемі.*

**БАРЫСТАЙ** ү с т. *Барыс сияқты.*

**БАРЫСУ** *Барыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАРЫСША** ү с т. *Барысқа ұқсап.*

**БАРЫСЫНДА** ү с т. *Жолында, бағытында.*

**БАРЫШ** з а т. с ө й л. ***Баршы.***

**БАРІН** з а т. т а р. к ө н е. *Ежелгі тайпа.*

**БАРЬЕР** [франц. barriere] з а т. **1.** *Үй, бөлме сияқты тұрғынжайлардың ішін бөліп тұратын аласа келген қоршау.* **2.** с п о р т. *Жүгіру, секіру сияқты спорттық ойын түрлері кезінде қолданылатын кедергі.* **3.** *Кедергі, бөгет, тосқауыл.*

**БАРЬЕРШІ** з а т. с п о р т. *Кедергіден секіре жүгірумен айналысатын спортшы.*

**БАС**[1] з а т. **1.** а н а т. *Адамның не жануарлар денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі.* **2.** *Адамның, жан-жануардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі.* **3.** *Кісінің жеке дара өзі.* **4.** *Малдың саны, тұяқ.* **5.** *Әр алуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы.* **6.** *Таудың, қырдың, дөң-дөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі.* **7.** *Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі.* **8.** *Таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы.* **9.** *Балта, пышақ, шот т. б. құрал-сайманның саптан төменгі ұшы бар жағы.* **10.** *Аяқкиімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі, тұмсығы.* **11.** а у ы с. *Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі, орамасы.* **12.** а у ы с. *Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен тіркескенде, маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді.* **13.** *Әуелі, алғашқы.* **14.** *Мезгілдің алғашқы кезі.* **15.** *Белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері.* **16.** а у ы с. *Басшы, жетекші.* **17.** а у ы с. *Ақыл, ой, ес.* **18.** а у ы с. *Тағдыр, өткен өмір мағынасында.* **19.** *Мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы.* **20.** *Негізгі, ұйытқы, басты.* **21.** *Бірінші тұрған, алғашқы.* **22.** *Белгілі бір процестің басталуы.* // *Жетекші, негізгі, ең жоғарғы.* **23.** д і н и. *Рәкәт, бір отырыс (намаз).*

**Бас адамдар**. к ө н е. *Жасы үлкен, көргені көп, тәжірибесі мол, қандай да бір шараны өткізуде жөн сілтеп, жол көрсететін адамдар.* **Бас айналарлықтай.** *Өте биік, өте жоғары, өте күшті.* **Бас айналды.** *а) Жағымсыз ащы, өткір иістен, ауа жетпеуден тыныстың тарылуы, миға оттегі тасымалдау қызметінің бұзылуынан ағзаның әлсіреуі.* ә) *Елітті, еркінен айрылды.* б) *Мақтанды, масаттанды.* **Бас айналу.** *Бастан, мидан ауырған немесе зақым алған малдың өз бағытынан адасып, беталды жүруі, бір орында тұрып айнала беруі.* **Бас алды**. а) *Өсімдік дән ала бастады, дәндеді, дән салды.* ә) *Бастау алды, басталды.* **Бас алдырғы.** *Ынтымақтық, ауызбіршілік.* **Бас алқа.** т а р. *Кесімді пікір, шешуші сөзді айтатын төрешілер кеңесі.* **Бас алмады**. а) *Жан-жануардың жем-шөпті бас көтермей құныға жеуі.* ә) *Беріліп істеді, бас көтермеді, бар зейінін салды, алаңдамады.* б) *Салыну, шыға алмау.* **Бас аман**. *Есен-сау, сау-саламат.* **Бас амандады**. *Өз басын күйттеді, қорғалақтады.* **Бас араздық.** *Екі адамның, я екі жақ жіктің арасындағы дұрдараздық, өкпе, реніш.* **Бас арқан.** э т н. *Киіз үйді желден, дауылдан сақтау үшін, кереге басын, туырлықты бастыра орап, қазыққа байлайтын бау, қыл арқан.* **Бас арық.** *Жан-жаққа су тарататын үлкен су жолы.* **Бас Ассамблея**. қ о ғ. *Біріккен Ұлттар ұйымының басты органдарының бірі.* **Бас асау**. а) *Басына жүген-ноқта кидіртпейтін тарпаң мінез (жылқы).* ә) *Өр, анау-мынауға бірден көне салмайтын.* **Бас асаулық**. *Өр көкіректік, кеуделілік, паңдық.* **Бас ат.** *Еншіге берілген малдың ішіндегі ең мықтысы, асыл тұқымды жылқы.* **Бас [дән] ату.** *Өсімдіктің дән жаруы.* **Бас [бет] ауған жақ**. *Қайда болса сонда; беталды, бағдарсыз.* **Бас ауру**. м е д. *Қан тамырларының қызметі бұзылып, миға қанның жөнді бармауынан, сондай-ақ жүйке аурулары, ағзаның жалпы күйінің нашарлауы т.б. сырқаттарға байланысты туындайтын бастың сырқырап, солқылдап, тырысып ауруы.* **Бас ауыртты**. а) *Бос сөйлеп немесе шулап мазаны алды, мезі қылды.* ә) *Босқа уақыт өткізді, әуре болды.* **Бас ашылар дулығадан.** п о э т. *Соғыссыз, бейбіт заман туар, жау жеңілер деген мағынада.* **Бас әріп.** л и н г в. *Жазба мәтінде сөйлемнің басталғанын, сөздің жалқы есім екенін білдіретін қызметі бар әріптің үлкен түрі.* **Бас [басын оққа] байлады.** *Қауіп-қатерден тайсалмай, өлімге, қиыншылыққа бел буды, басын тікті.* **Бас бақты.** а) *Сақтанды, қорғанды; көрінбей жасырынды.* ә) *Ақырындап көрді, паналады.* **Бас балуан**. *Жиын-тойда күреске түсетін балуандардың ең мықтысы, бірінші балуан.* **Бас бармағын [қолын] шығарды.** э к с п р. *Боқты аларсың дегенді аңғарту үшін ишарат жасады.* **Бас бармақ.** а) *Қол басында бес саусақтың төртеуінен бөлек, қарама-қарсы орналасқан саусақтың аты, ең жуан, бірінші саусақ атауы.* ә) э т н. *Балалардың «Қуырмаш» ойынындағы бес саусақтың біріншісінің аты.* **Бас бармақтай.** *Бармақтың үлкендігіндей.* **Бас бау.** э т н. ***Басбау*** *(Туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы).* **Бас бау.** ***Басбау.*** *(киіз үй бауының ең үлкен жалпақ бауы, басқұр).* **Бас бәйге**. *Әртүрлі сайыстарда топтан озғанға берілетін бірінші жүлде.* **Бас берді.** *Жанын қиды, жанын пида етті.* **Бас бермеді**. *Ырқына жүрмеді, мойынсынбады.* **Бас билік**. *Жеке бас еріктілігі.* **Бас болды**. *Топты басқарды, бір нәрсеге жетекшілік етті, басшылық көрсетті.* **Бас бостандығы.** *Адамның жеке басының еркіндігі, дербестігі, еріктілігі.* **Бас бостандығынан [еркінен] айырды**. *Бас бостандығын жойды, тұтқындады, жазалау үшін қамауға алды.* **Бас бостандығынан айыру**. з а ң. *Адамды жасаған қылмысы үшін бас еркінен айырып, түрмеге жабу, соттау, жазаға тарту.* **Бас бостандығынан айыру орындары.** з а ң. *Сот үкімімен қылмысты адамдардың жазасын өтейтін мемлекеттік мекемелер.* **Бас бостандығынан айырылды.** *Сотталды, түрмеге түсті.* **Бас бухгалтер.** ***Бас есепші.*** **Бас бұрды.** *Тайды, істемеді, тілін алмады, бас тартты.* **Бас бұрғызды.** *Бас тарттырды.* **Бас білді**. *Мініске үйретілді.* **Бас білдірді.** *Асауды үйретті, көндірді.* **Бас білмейтін.** а) *Асау, мініске үйретілмеген.* ә) *Әлі жөн, бағыт біле, үйрене қоймаған.* **Бас газет.** *Ең кең таралымды ресми баспа органы.* **Бас дәрігер.** *Емхана, сауықтыру орындарындағы жетекші дәрігер.* **Бас десең, құлақ дейді.** *Сөздің байыбына бармайды.* **Бас директор.** *Көп салалы фирманың атқарушы органының лауазымды адамы.* **Бас домбыра.** *Үш ішекті, жуан дауысты оркестрде қолданылатын домбыра.* **Бас екеу болмай, мал екеу болмас.** *Дәулет, байлық, жақсы тұрмыс отбасылы болған адамға үйіріледі деген мағынада.* **Бас еркі.** с ө й л. *Бас бостандығы.* **Бас еркінен айыру**. з а ң. *Бас бостандығынан айыру, соттау.* **Бас есепші.** *Есепқисап, бухгалтерия істерінің негізі, үлкен маманы, бас бухгалтер.* **Бас ескек.** *Қайықтың алдыңғы ескегі.* **Бас жағы.** а) *Ұшы, аузы.* ә) *Жоғарысы, төбесі, басының тұсы.* **Бас жазар.** с ө й л. *Мастықты тарату үшін ішетін ішімдік.* **Бас жазды.** с ө й л. *Мастықты тарату үшін ішімдік ішті.* **Бас жарды.** а) *Өсімдік пісіп жетілді.* ә) *Басына жарақат түсірді, зақымдады.* **Бас жару.** б о т. *Өсімдіктің бой көтеріп жетілуі.* **Бас жарылса бөрік ішінде.** *Жабулы қазан жабулы қалды, жария болмады.* **Бас жарып, көз шығарып барады**. *Тентектік жасап, дегенге көнбеді, ешкімді тыңдамай өз дегенін істеді.* **Бас желкен.** *Қайықтағы желкендердің ішіндегі ең үлкені.* **Бас желілілер.** з а т. з о о л.

<лат. Cephalochor data> *Бас хордалылар. Желіліле р типі бассүйексіздер тармағының жалғыз класы.* **Бас жоқ, көз жоқ.** *Еш нәрсеге қарамай, бірден.* **Бас жұмыс.** ж е р г. *Адамның жұмыс орнындағы құжаттары жинақталып сақталатын негізгі іс қағазы, жеке құжаттары, іспарақтары.* **Бас жүлде.** *Әртүрлі жарыста, сайыстарда озып шыққан жеңімпазға берілетін сыйлықтың ең үлкені, бас бәйге.* **Бас жібі жоқ өгіздей.** *Өзін ешбір шектеусіз, еркін ұстау, бассыздыққа жол беру.* **Бас жіп.** ж е р г. а) *Егін жанымен су жүретін кіші арық.* ә) *Сиырдың екі мүйізіне айқастырып байлап, екінші ұшын қазыққа орайтын жіп.* **Бас зоотехник.** *Шаруашылықтағы басты мал маманы.* **Бас игізді.** *Тәуелді етті, бағындырды.* **Бас иді.** п а р а л и н г в. а) *Танығанын, сыйлағанын білдіріп, амандасар алдында басын төмен шұлғып, иетін қимыл-ишарат.* ә) *Тағзым етті, тәжім қылды.* б) *Сауға, қорғаныш сұрарда, кешірім тілегенде аяғын құшып, жалбарынуды білдіретін қимыл-ишарат.* в) *Өнерпаздың көрермендердің көрсеткен қошеметіне, құрметіне ілтипат білдіруін басын иіп, оң қолын кеудесіне қойып көрсететін қимыл-ишараты.* г) *Бағынды, тізе бүкті, мойынсынды.* **Бас ие.** *Ел әкімі, ел билеуші, ақсақал.* **Бас изеді.** а) *Басын ары-бері шұлғып мақұлдауды, құптауды, қостауды, келісуді білдіретін қимыл ишарат жасады.* ә) *Сәлем беруді, амандасуды, басқаның сәлеміне жауап беруді білдіретін басын шұлғу қимыл ишаратын жасады.* б) ж а ғ ы м с ы з. *Немқұрайлы амандасуды немесе амандасуға елеусіз жауап беруді білдіретін қимыл ишаратын жасады.* в) *Басқаның сөзін тыңдап отырғанын көрсету үшін басын шұлғып мақұлдауды білдіретін қимыл ишарат жасады.* г) *Бас шұлғу арқылы құп болады, айтқаның болсын, ләббай деп біреудің айтқанын орындауға дайын екенін білдіретін қимыл ишаратын жасады.* **Бас изесті.** *Келісіп, құптағанын білдіріп, бастарын шұлғысты.* **Бас инженер.** *Мекеменің, кәсіпорын, зауыттың басшы қызметін атқаруға тағайындала алатын аға инженерден жоғары техника саласындағы жоғары білімді маманның қызметтік лауазымы.* **Бас квант саны.** х и м. *Кванттық жүйенің жалпы энергиясын анықтайтын квант саны.* **Бас кезі.** *Басталуы, алғашқыда.* **Бас кейіпкер.** *Көркем шығармадағы негізгі кейіпкер, қаһарман.* **Бас кекесі.** ж е р г. *Араздық, бас кегі.* **Бас келісім.** *Екі жақ арасындағы негізгі шарт, бас құжат.* **Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.** *Өлім жазасына кесілген адамға да соңғы сөзін (тілегін) айтуға рұқсат берілгені жайында.* **Бас кесті.** а) *Жаппай өлтірді, қырып жойды, басып алды.* **Бас киіт.** э т н. *Құдаларды бастап барған үлкен адамға берілетін кәде.* **Бас командование.** ә с к. *Соғыс кезінде бүкіл қарулы күшті басқарып отыратын жоғарғы әскери орын.* **Бас көрді.** *Ақылшы санады, басшы етті.* **Бас көрсетті.** а) *Кіріп шықты, көзге көрінді.* ә) *Қарсылық білдірді.* **Бас көтерген.** *Қарсы шыққан, наразылық білдірген адам.* **Бас көтерді.** а) *Орнынан тұрды, ұйқыдан оянды.* ә) *Төмен шұқшиған, төмен қараған бетін бері қаратты, кеудесін тіктеді.* б) *Бір нәрсеге наразылық білдіріп, қарсылық көрсетті.* в) *Егін өніп, жер бетіне шықты.* г) *Аурудан жазыла бастады, тәуірленді.* г) *Аурудан жазыла бастады, тәуірленді.* **Бас көтерері.** а) *Елдің, ауылдың қолынан іс келері, басшылық ете алары, ақылшысы.* ә) *Отбасындағы жақындарына қамқорлық жасай алатын еңбекке жарайтын ересек жан, азамат.* **Бас көтермеді.** *Бас алмады, тыным таппады.* **Бас көтертпеді.** *Мұршасын келтірмеді.* **Бас көше.** *Негізгі, үлкен, орталық көше, даңғыл.* **Бас кілем.** *Берілетін жасаудың, сыйлықтың ең бағалысы, құндысы.* **Бас қайғы.** *Өз басының уайымы, мұңы.* **Басқа зар болды.** *Баласы жоқ, өсіп-өнбеген.* **Бас қайғы.** *Өз басының уайымы, мұңы.* **Басқа келді.** *Ойға келді, еске түсті.* **Басқа-көзге [бас-көзге қарамай] төпеледі.** *Жұдырықтың астына алды, сабады.* **Басқа кірмеді [кірген емес].** *Миына қонды (қонбады, ойына келмеді).* **Басқа қысым түсті.** *Зорлық, зомбылыққа ұшырады.* **Бас қала [орда].** *Бір елдің негізгі, орталық қаласы, астанасы.* **Бас қалқа.** *Отбасындағы бас көтерер адам.* **Бас қамдады.** *Өзін қорғады, бас сауғалады.* **Бас қамы.** *Жеке бастың мүддесі.* **Бас қамын ойлады.** *Өз жағдайының қамын жеді.* **Басқа [Құдай басқа] салды.** – *Басына ауыртпалық түсті, тағдыр тәлкегіне түсті.* **Басқа тепті.** *Бағаламады, өзінен құды.* **Бас қатты.** *Даң болды, не істерін білмей, миы қатты.* **Басқа түссе.** *Жолыңа, тағдырыңа кездессе деген мағынада.* **Басқа түссе баспақшыл.** *Адам қандай қиындыққа да көнеді.* **Бас қатырарлық.** *Түсінуге қиын, ауыр, күрделі.* **Бас қатырғыш.** *Миды ашытатын, мылжың, бас ауыртатын.* **Бас қатырды.** *Басты ауыртты, миды ашытты, ығыр қылды.* **Басқа ұрған танадай [балықтай] болды.** *Не істерге білмей есеңгіреді, мәңгірді.* **Бас қаһарман.** ә д е б. *Әдеби шығармалардың негізгі, басты кейіпкері.* **Басқа шауып, төске өрмеледі [өрмеледі].** *Астамдық жасады, көкірек керді.* **Басқа шығу.** *Төбеде ойнау, басыну.* **Басқа шықты.** с ө й л. *Ішімдік бірден басын айналдырды.* **Басқа іс түсті.** *Ауыртпалыққа душар болды.* **Бас қиды [тікті].** *Жанын пида, құрбан етті; нар тәуекел етті, саудаға салды.* **Бас қобыз.** *Оркестрге лайықталған, ең жуан дыбысты үлкен қобыз.* **Бас қойды.** а) *Жапатармағай тап берді, лап берді.* ә) *Басынды, менсінбеді.* б) *Жатты.* **Бас қойысты.** *Үнсіз ішісті, сіміріс ті.* **Бас қолбасшы.** ә с к. *Мемлекеттің әскер ісін, қарулы күштерін басқаратын ең жоғары лауазым иесі.* **Бас қосты.** а) *Бір жерге жиналды, топталып мәжіліс құрды.* ә) *Бірікті, ұйымдасты.* б) *Үйленді, отбасын құрды.* **Бас құда.** э т н. *Құда түсуші жақтың ішіндегі сөз ұстаушысы; негізгі үлкен құда.* **Бас құрады.** а) *Бірікті, жиналды.* ә) *Үйленді.* **Бас құрасты.** *Жиылысты, бірікті.* **Бас құрмалдық.** *Бір адамның, істің жолына басын да, жанын да садаға етушілік.* **Бас қылды.** *Бірінші қылды; басшы етті.* **Бас мақала.** *Газет-журналдардың редакция атынан берілетін негізгі, жетекші мақаласы.* **Бас мама бие.** *Үйірдегі кексе бие, өрбіген, ұрпағы үйірде көп бие.* **Бас менеджер.** э к о н. *Міндеттерді жолға қою, саясатты қалыптастыру үшін жоспарлау және оған ұйымдастыру, компанияны басқару және оған бақылау жасаумен байланысты мәселелер үшін жауап беретін басқарушы менеджер.* **Бас мердігер.** *Белгілі бір жұмысты аяқтап шығуды міндетіне алып, келісімге отырған ең негізгі мердігер.* **Бас молда.** д і н и. *Бас муфти.* **Бас нүкте.** г е о м. *Сызықтың басталатын жері, басы.* **Бас пайда.** *Жеке мүдденің пайдасы, қара бастың қамы.* **Бас паналатты.** *Біреуге қол ұшын беріп көмектесті, үйіне қондырып, қамқорлық жасады.* **Бас прокуратура.** *Мемлекеттік заңдардың мүлтіксіз орындалуын қадағалайтын ең жоғарғы орган.* **Бас прокурор.** з а ң. *Прокуратура органының жоғары лауазымды қызметкері.* **Бас редактор.** *Баспа, газет пен журнал редакцияларында, радио-телеарналарда, көп томды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) шығаратын ұжымда әдеби-шығармашылық, өндірістік ұйымдастырушылық жұмыстарды басқаратын лауазымды қызметкер.* **Бас сақинасы.** м е д. <франц. migraine> *Бас сүйегінің бір жартысы ауыратын, ұстамалы ауру түрі.* **Бас салды.** а) *Егін дәндене бастады.* ә) *Кенеттен, тұтқиылдан құшақтай алды.* **Бас санитарлық дәрігер.** *Ең жоғарғы, лауазымды санитарлық дәрігер.* **Бас сардар** т а р. *Негізгі әскери адам, бас қолбасшының оң қолы.* **Бас сауғалады.** *Қара басының қамын, амандығын ойлап қана қорғанды, жеке басын қорғады; басын алып қашты.* **Бас сауым.** *Биенің ертеңгі, бірінші сауымы.* **Бас сәулетші.** *Қандай да бір құрылыс нысанының сәулетіне толық жауап беретін кәсіби біліктілік дәрежесі жоғары сәулетші маман.* **Бас сұғу.** *Кіру, ену.* **Бас сұқпады [сұққан емес].** а) *Кіріп көрмеді, бармады.* ә) *Араласпау, килікпеу.* **Бас сұқты.** а) *Үйге кірді, бір жерге барып аялдады.* ә) *Біреудің ісіне араласты.* **Бас сүйек.** а н а т. <лат. cranium> *Адамның, омыртқалы жануарлардың басының қаңқасы.* **Бас сүйек.** а н а т. *Адамның, жан-жануарлардың қаңқасының ең жоғарғы бөлігі.* **Бас сүйескен.** *Әбден үйреніскен, сыр алысқан, бір-біріне етене жақын, туыстай болып кеткен.* **Бас табақ.** э т н. *Қадірлі, төрде отырған қонаққа тартылатын ең сыйлы мүшел табақ.* **Баста билік қалмады.** *Еркінен айырылды, өзгенің дегенімен жүрді.* **Бастан асты.** *Шамадан тыс көбейді, артты.* **Бастан ерік кетті.** *Тәуелді болды, бағыныштı халге түсті.* **Бастан жыға қисайды.** *Дәурені өтті, дәулеті таусылды, мүсәпір күй кешіп, кедейленді.* **Бастан кешкен.** *Адамның басына түскен жағдай, басынан өткен, болған оқиғалар, өмірі (хикаялар).* **Бастан кешірді.** *Көрді, куә болды, өз басынан өткізді.* **Бастан құлақ садаға.** *Кеткен шығынын садақа қылып, аман қалғанына Құдайға шүкірлік ететін кезде қолданылатын сөз; Бастың амандығын сұра, бас аман болса, бәрі түгел деген мағынада.* **Бастан өтті [өткерді].** *Бастан кешірді, көрді.* **Бастан сырық түспеді.** *Қорлық, азап көп көрді.* **Бас тартты.** а) э т н. *Сойылған қойдың басын қонақтардың ішіндегі сыйлы, қызметі, жасы үлкен ақсақалына бас табақтың сыртында беру.* ә) *Белгілі бір істі орындауға көнбеді, қарсылық білдірді, бір ойға, пікірге қосылмады.* **Бастарын пайға тікті.** ж е р г. *Тәуекелге бел байлап, өздерін өлімге қиды.* **Бас терапевт.** м е д. *Белгілі бір медициналық мекемедегі терапевтердің негізгісі, үлкені, басшысы.* **Бас терісі келіспеген.** а) *Бетәлпеті, пішіні келіссіз, ұсқынсыз, сиықсыз болды.* ә) *Бір нәрсеге реніш білдіріп, қабақ түйді, ренжіді.* **Бас терісі салбырады.** *Үнжырғасы түсті.* **Бас төреші.** *Ең негізгі төреші, бас судья.* **Басты қорлады.** *Адамды қорлады, төмендетті, қадірін білмеді, тоздырды, аздырды.* **Басты тұлға.** *Негізгі күш, таяныш.* **Бас тігу.** *Нар тәуекел етіп, жанын пида қылды, жанқиярлық көрсетті.* **Бас [ұлы, қасқа] тоғыз.** э т н. *Түйе бастаған тоғыз (түйе, құлынды бие, қос ат; жамбы, жағалы киім, тұтас құндыз, қылыш т.б.).* **Бас ұрды.** а) *Құлдық ұрып, аяғына жығылды, дегеніне көнді, жалынып жалбарынды.* ә) *Жеңіліс тапты, бағынды.* **Бас хатшы.** р е с м и. *Секретариатты басқаратын ең негізгі лауазымды немесе сайламалы тұлға.* **Бас шайқады.** а) *Басын оңға, солға қозғап, жоқ деген белгі, ишарат білдірді, келіспеушілік көрсетті.* ә) *Басын ары-бері қозғап, бір нәрсеге таңданғандық қимыл ишаратын білдірді.* **Бас штаб.** ә с к. *Мемлекеттің қарулы күштерін басқарушы негізгі орган.* **Бас шұлғу.** а) п а р а л и н г в. *Біреудің сөзін мақұлдағанын көрсетіп басын изеп, қимыл-ишарат білдіру.* ә) *Мақұлдау, келісу, мойындау.* **Бас шұлғыды.**

а) паралингв. *Риза болып, рақметін айтқанын, келіскенін басын жоғары төмен изеп қимыл ишарат білдірді.* ә) *Сәлемдескенін, аманын алғанын басын изеп, қимыл ишарат білдіру.* б) *Мақұлдады, көнді, келісе кетті.* **Басы айдауда, малы талауда болды.** *Шапқыншылыққа ұшырады.* **Басы айналды [айналып қалды]**. а) *Көзі қарауытып, бір сәт өзін ұстай алмады, әлсіреді.* ә) ауыс. *Масаттанды, мақтанды.* б) *Байланып кете алмай қалды, алдау-арбауына түсті.* **Басы алтын, [аяғы] к..і күміс.** *Ертегі мен жырларда айтылатын асыра мақтау.* **Басы алынды.** *Өлім жазасына кесілді, өлтірілді.* **Басы аман [малы түгел, бауыры бүтін]**. *Дүниесі түгел, жан-жағы, айналасы есендікте, көңілі тоқ, төрт құбыласы түгел.* **Басы артық**. а) *Қажеттен тыс, белгілі мөлшерден артық.* ә) *Пайдаланылмай, бос тұрған.* б) *Бөтен, алыс, таныс емес.* **Басы артық еш нәрсе жоқ.** *Ешқандай кемшілік жоқ, орынды.* **Басы артық ылғалдану.** сушар. *Организмдер мен субстраттар үшін оңтайлы ауа ылғалдығынан артық шамада су келуі.* **Басы ауған жақ**. *Қайда болса сонда.* **Басы ауған жаққа кетті.** *Қайда болса сонда, бағытсыз жүре берді, қаңғырып кетті.* **Басы ауырды**. *Мазасы кетті, жаны күйді.* **Басы ауырмады.** *Уайымдап-қиналмады, мән бермеді.* **Басы ауырып, балтыры сыздады.** а) *Ауырып, сырқаттанып қалды, жаны қысылды.* ә) *Жаны ашыды, қайғырды.* **Басы ашық**. *Даусыз, ап-айқын, ешкімнің таласы жоқ.* **Басы әңкі-тәңкі болды.** *Не істерін білмеді, басы қатты.* **Басы байланды**. а) *Қызға құда түсіп, біреуге айттырылды.* ә) *Еріксізге айналды, мәжбүр болды.* **Басы байлаулы**. а) *Тәуелді, меншікті.* ә) *Атастырылып қойылған, айттырылған.* **Басы бапан, аяғы сапан.** *Басталуы жақсы, аяқталуы нәтижесіз, берекесіз.* **Басы бөлеге шатылды**. *Бөлеге қалды, қырсық шалды, шатаққа ұрынды.* **Басы бос**. а) *Бос тұрған.* ә) *Үйленбеген, тұрмыс құрмаған, атастырылмаған, құда түспеген, сөйлесіп жүрген адамы жоқ.* б) *Өз еркі өзінде, тәуелсіз.* **Басы босады.** *Арылды, қолы босады.* **Басы бүтін**. а) *Еш сұраусыз, біржола қайтарусыз.* ә) *Солайымен, тұтасымен.* **Басы бірікпеді**. а) сөйл. *Қамыр дұрыс иленбеді.* ә) *Үйлеспеді, сәйкеспеді, ауызбірлікте бола алмады.* **Басы бірікті.** а) *Жиналды, қосылды.* ә) *Тату болды, бірауыз болды.* **Басы дағарадай болды.** *Басы қатып, машақатқа түсті.* **Басы дал болды**. *Не істерін білмей, басы қатты.* **Басы дыңылдады.** *Басы айналып шыңылдады.* **Басы екеу емес**. *Жөнсіз іс істеп, басын қатерге тікпейді.* **Басы еңкейді.** *Үлкен болса да, кішірейді, ниет білдіріп қолын ұсынды, жақсы пейіл танытып басын иді.* **Басы есен**. *Өзі сау, ауру-сырқаудан аман.* **Басы жап-жалтыр.** *Таза қырылған бас; басында шашы жоқ.* **Басы жарылып, көзі шықты.** *Таяқ жеді, соққы көрді, опық жеді.* **Басы жас.** *Қартайып отырған жоқ (жас жігіт пен қыздарға қатысты айтылады); бар өмірі алда.* **Басы жерге жетті.** *Жасы келу, қартаю, шөгу.* **Басы жерге түсті.** *Қадірі кетті, беделі түсті.* **Басы жетпес орынға аяғын салды**. *Әліне қарамады, шама-шарқын білмеді.* **Басы жұмыр пенде.** *Тірі жан.* **Басы [шекесі] зыңылдады.** *Басы зеңіп ауырды, дыңылдады.* **Басы кем [болды]**. *Өзгелерден кем, ақыл-ойы, санасы төмен саналды.* **Басы кеміді**. *Қорланды, қор болды, беделі түсті.* **Басы кетті**. *Мерт болды, жазаға ұшырады.* **Басы көсем.** *Бағасы артық, өз қатарының алды.* **Басы қадірлі.** *Көпшілік сыйлайтын, құрмет тұтатын.* **Басы [қазан] қазандай болды.** *Әбден басы қатты, шаршады, басына небір ойлар келіп кетті.* **Басы қайырылды.** *Ыңғайы келді, сәті түсті.* **Басы қаңғырды [сандалды]**. *Не істерін білмей дал болды, басы қатты, дағдарды.* **Басы қара, беті жара болды.** *Қайғылы, зарлы болды.* **Басы қаралы, жүзі жаралы.** *Шерлі, мұңды, қайғылы.* **Басы қатерге түсті.** *Қауіп төнді, қиын халге ұшырады.* **Басы қатты**. а) *Не істеп, не қоярын білмеді, миы ашыды, дал болды.* ә) *Қатты қызған кезде тізгінге бой бермей кететін ат.* **Басы қосылды.** *Бірікті, тату болды.* **Басы қуарды**. *Бала көрмеді, тұқымы өспеді.* **Басы құралды.** *Жиналды, бірікті, мал бітті.* **Басы майданға байланды.** *Басын қауіп-қатерге тігіп, соғысқа аттанды.* **Басымен әлек қылды**. *Өз қайғысы өзіне жетті, өзімен өзі әуре болды, шатылды.* **Басымен жауап берді.** *Қандай жаза болса да өз мойнымен көтерді.* **Басымен қайғы.** *Өз жайымен өзі әуре, басқаны ойлауға шамасы жоқ.* **Басым [жаным] құрбан.** *Бір жолда, істе жаным садаға, жанымды бердім деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Басы мүйіз, [к..і киіз]**. *Ертегілерде айтылатын жалмауыз кемпір бейнесі. Ұсқынсыз, қорқынышты, адам көргісіз.* **Басына ақ [көк] тас қойды.** а) көне. *Моласының басына ескерткіш орнатты.* ә) *Атын өшірмеді, шырағын сөндірмеді, өмірін жалғады.* **Басына ақ тас қойылды.** *Моласының басына ескерткіш орнатылды.* **Басына алтын жаудырды.** *Жақсылық жасады, үйіп-төкті.* **Басына әлек салды.** *Әуре-сарсаңға түсірді, көресісін көрсетті.* **Басына [төбесіне] әңгіртаяқ ойнады**. *Қиналды, әлекке түсті.* **Басына әңгір таяқ ойнатты**. *Екі аяғын бір етікке тықты, әлек-шәлегін шығарды.* **Басына бақыт [бақ, бақ құсы] қонды.** *Мақсатына, арманына жетті, дәулеті тасыды.* **Басына бас қосылды.** *Үйленді, отау құрды, үй болды.* **Басына бұлт [қауіп, қауіп-қатер] төнді.** *Ауыр халге тап болды, қиын-қыстау жағдайға ұшырады.* **Басына бұлт үйілді.** *Қиындыққа тап келді, басына іс түсті.* **Басына ғаріптік түсті.** *Қиыншылық, ауыртпалық келді.* **Басына дау салды [келтірді]**. *Пәле болып жабысты.* **Басына [бетіне] дуадақ саңғып кетті [жіберді].** саят. *Дуадақ өзіне алайын деп жатқан қыран құстың басына саңғып, басын айналдырып жыртқыштан құтылып кетуі.* **Басына ерік алды.** *Азат болды, еркіндікке қол жеткізді.* **Басына жетті.** *Құртты, түбіне жетті.* **Басына жұмыс түсті.** *Істі болды, қиын жағдайға ұшырады.* **Басына жыға қонды**. *Бақ қонды.* **Басына заманақыр [қара түн] орнатты.** *Қара аспанды төндірді.* **Басына зобалаң туды**. *Қиын-қыстау күн туып, ауыр халге тап болды, әуре-сарсаңға ұшырады.* **Басына [көңіліне] зіл түсті.** а) *Зілдей ауырлады, зіл басты.* ә) *Уайым, қайғы басты.* **Басына иман [Құран] оқыды.** сөйл. *Зират басына барып, марқұмның аруағына арнап Құран оқыды.* **Басын айналдырды**. а) *Біреуді алдап-арбап, айтқанына көндірмек болды, дегенін істетуге айласын салды.* ә) жағымсыз. *Өзгеше бір күшпен сиқырлап, дуалап қойды деген жағымсыз мағынада айтылатын сөз.* **Басына келді**. *Біреуге тілеген жамандығы өз басына түсті.* **Басына көтерді**. а) *Қатты шулап, даурықты, азан-қазан, ду-дабыра болды.* ә) *Ерекше құрметтеп, кастерледі, сыйлады, дәріптеді.* **Басына көшірді.** *Қатты айғайлап, айналаны жаңғырықтырды.* **Басына күмбез орнатты.** *Қайтыс болған адамның зиратын тұрғызды, басына тас қойды.* **Басына күн туды.** *Қиыншылыққа тап болды, мойнына ауыртпалық түсті.* **Басына қайғы түсті [қонды].** *Басына ауыр іс түсіп, зобалаң туды, бағы тайды.* **Басына қара бұлт келді [болып оралды].** поэт. *Қайғы, қасірет көрді, тауқымет тартты.* **Басына қара салды [жамылды].** а) *Қара жамылып, өлген адамды аза тұтты.* ә) *Қайғылы халге түсті, зар қақты.* **Басына қауіп-қатер тақады [төнді].** *Қауіп төнді, апатты жағдай туды.* **Басына құдай салды.** *Бір іске душар болды, амалсыз күн кешті.* **Басын ала қашты.** а) *Өз басын қорғады, қашқалақтады, бас тартты.* ә) *Бас асаулық қылды, ұстатпады, бой бермеді, беталды үркіп қашты (ат туралы).* **Басын алды.** *Өлтірді, мерт етті, опат қылды.* **Басын [қарақан басын] алып жүре алмады.** *Өз билігі өзіне жетпеді, қарақан басына ие бола алмады.* **Басына моншақ көтерді.** *Қатты құрметтеп, төбесіне қойды, аса қадірледі.* **Басына мүйіз шықпады.** *Ешкімнен асып кетпеді, ерекше бір нәрсеге тап болмады.* **Басынан асты.** *Жұмысбасты болды, жұмысы, ісі көбейді.* **Басынан атқарды**. *Басынан өткізді, кешірді.* **Басынан аттады**. *Елемеді, менсінбеді.* **Басынан бағы тайды.** *Бақытсыздыққа ұшырады, сәтсіздікке тап болды.* **Басынан базары өткен кісі.** *Асарын асап, жасарын жасап біткен адам.* **Басынан базары өтті**. *Қызық дәурені өтті, жастығы артта қалды.* **Басынан бақ-дәулет ұшты.** *Басынан бақ тайды.* **Басынан бақ тайды**. *Ісінің берекесі кетіп, тұрмысы тозды, бақытсыздыққа ұшырады.* **Басынан бақыт [бақ] ауды**. *Бақ тайды, бақытсыз болды.* **Басынан бақыт құсы [бақыты] ұшты.** *Басынан бағы тайды, бақытсыз болды.* **Басынан билік кетті.** *Өз басының хұқы жоқ, дәрменсіз болды.* **Басынан дәулеті ұшты**. *Бағы тайды.* **Басынан дәурені ұшты.** *Бағы тайып, үлкен қиындыққа душар болды, бұрынғы күніне зар болды.* **Басынан дәуір өтті.** *Өмірінің қызықты, жақсы шағы өтіп, бағы тайды.* **Басынан ерік кетті.** *Ырықсыздыққа ұшырады, бас еркінен айырылды.* **Басынан жүгенін сыпырды.** *Еркіне қоя берді, тыйым салмады.* **Басынан заманы көшті**. *Бағы тайды, бұрынғы дәурені жоқ.* **Басынан кешірді.** *Өз өмірінде әр түрлі жағдайларды көрді, оқиғаларды бастан өткізді.* **Басынан күн, аяғынан ай туды.** *Болып-толды, бақытқа кенелді.* **Басынан [төбеден] қиқу кетпеді.** *Маза, береке болмады.* **Басынан құс ұшпаған.** *Бұла өскен, ерке.* **Басынан құс ұшырмады**. *Мәпелеп күтті, аялады, қорғап, сақтады, қамқорлық жасады.* **Басынан құсы кетті.** *Бағы тайды, сәтсіздікке ұшырады.* **Басына ноқта киді.** *Бала-шағасы мен үй-ішін бағып, шаруа күйттеп кетті.* **Басынан өткерді.** *Әр алуан дәуір мен әрқилы кезеңдерді немесе қиындықтарды басынан өткізді, кешірді.* **Басынан сәулеті кетті.** *Бағы тайды.* **Басынан секірді.** *Басынды, еркінсіді.* **Басынан [сөз] асырды.** *Біреудің сөзін елемеді, естімеген кейіп білдірді.* **Басынан сөз асырмады.** а) *«Ә» десе «мә» деп қарсыласты, сөзден есесін жібермеді.* ә) *Артық сөзді көтермеді, болмашыға шатақ шығарып ренжитін болды.* **Басынан сырық [таяқ, тоқпақ] кетпеді**. *Қысым көріп, таяқ жеді, аяқ асты болды.* **Басынан таяқ арылмады**. а) *Ұрып-соғудан көз ашпады көрген күні – осы.* ә) *Қорлық, зорлықтан көз ашпады.* **Басынан [төбесінен] төмен қарай алтын құйды.** *Олжаға қарық қылды, белшесінен батырды, жарылқады.* **Басына ойнады**. *Жәбір көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* **Басына ойран түсті.** *Зобалаң туды, қиыншылық келді.* **Басына оқу қонбады.** *Миына сабақ кірмеді, оқығанын түсінбеді, оқуға шорқақ болды.* **Басына пәле [болды] тіледі.** *Пәле-жаланы қалады, дау-жанжалға ұшырады.* **Басын арашалады**. *Өз басын қорғады, жанына сауға тіледі.* **Басын арашалау.** *Қорғау, ақтау.* **Басын [бойын] аршыды.** *Айыптан, кінәдан*

*ақталды, бойын аулақ салды.* **Басына су құйылды**. *Жоқ қылды, түгесті, тауысты.* **Басына тас тиді**. *Қиыншылық, кедергі, ойлағанындай болмаған жағдай көрді.* **Басына тепті**. а) *Қадіріне жетпеді, бағаламады.* ә) *Ішімдік бірден басын айналдырды.* **Басына тиді**. *Опық жеді, соққы көрді.* **Басына [бұлт] төнді.** *Жаманшылық үйірілді, қайғы-қасірет келді.* **Басына туған күн.** *Болған жағдай, мүшкіл хал.* **Басына түнетті.** миф. *Бір қиыншылық болғанда, тілегі орындалсын дегенде қайтыс болған әке-шешесінің, туысының не атақты, аруақты болған кісінің зиратына қонып, құрбандық шалды.* **Басына үй тікті**. *Отау тігіп, шаңырақ көтерді, үй болды.* **Басына шаққанда.** *Әрбіреуіне есептегенде, әрбіріне бөлгенде.* **Басын ашты**. а) *Оқиға, іс-әрекет басталмай тұрып, келісіп алды.* ә) *Бір нәрсені айқындап алды, анықтады.* б) тар. *Әйелдің басына бостандық берді.* в) *Себебін түсіндірді.* **Басына шырмау салды.** *Әуреге түсірді, бәлеге душар қылды.* **Басына іс салды**. *Басы бәлеге душар болып, қырсық шалды, қиындыққа, жалаға ұшырады.* **Басына іс [жағдай] түсті.** *Қиыншылыққа кез болды, пәле жабысты.* **Басын базарға салды [басы саудаға түсті].** а) *Сөзге ілікті, дауға қалды.* ә) *Әуреге салды.* **Басын байлады.** а) *Белін бекем буды, өлімге өзін тікті.* ә) *Отасты, қол ұстасты.* **Басын бақты**. *Өзін-өзі қорғады, өзін ойлады, өзіне қарады.* **Басын бәйгеге тікті**. *Бағын сынады, неге болса да шыдауға тәуекел қылды, бел буды.* **Басын бәлеге батырды**. *Пәле-жалаға ұрындырды.* **Басын берді.** а) *Неден болса да тайынбады, жанын пида қылды.* ә) *Өтеуін, төлеуін берді, құнын төледі.* **Басын бұйдаға [жүгенге, ноқтаға] сұқты.** *Өз ықтиярынсыз, біреудің айтқанымен жүрді, еркін біреуге билетті.* **Басын бұлт алды.** *Қиын-қыстау жағдайға душар болды, басқа іс түсті.* **Басын біріктірді.** а) *Топтастырды, жинады, қосты.* ә) *Ортақ идея, ортақ мақсат үшін ұйымдасты.* **Басын біріктіру**. а) *Қамыр илеп, тындырып қою.* ә) *Бір топқа жинап, тұтас бүтінге айналдыру, ұйымдастырып басқару.* **Басында дәурені тұрғанда**. *Дегені болып, дәурені жүріп тұрған кезде.* **Басында еркі бар.** *Ерікті, азат.* **Басында еркі жоқ**. *Жеке басының бостандығы жоқ.* **Басында мекен жоқ.** *Үйсіз-күйсіз, баспанасыз.* **Басында міні болды**. *Өзі айыпты, жазықты болды.* **Басында ноқта.** *Еріксіз, еркінен айырылған, тәуелді, біреудің бодауында.* **Басын дауға салды.** *Шатаққа ұрынды, пәлеге қалды.* **Басында үйі, бауырында қазаны бар [жоқ].** *Ауқаты, дүние-мүлкі, меншікті жай-күйі, үй-күйі бар [жоқ].* **Басын еңкейтті.** *Үлкен болса да, кішірейді.* **Басын жалматты.** *Өлтірді, көзін құртты.* **Басын жалмау.** *Түбіне жету, көзін құрту.* **Басын [маңдайын] жарды.** *Ұрып-соқты, быт-шытын шығарды, қол жұмсады, күш көрсетті.* **Басын жарып, көзін шығарды**. *Бір нәрсенің әлек-шәлегін шығарды.* **Басын жастыққа тигізді.** *Ұйықтады, көзінің шырымын алды.* **Басын жерге салды.** *Еш нәрсе дей алмады, үндемей қалды, төмен қарады.* **Басын жерден жұлып алды.** *Басын кенет көтерді.* **Басын жиды.** *Біріктірді, құрап, ел қылды.* **Басын жойды [жұтты, жалмады].** *Өлтірді, жоқ қылды, түбіне жетті, құртты.* **Басын ию.** а) *Тағзым ету, иіліп құрмет көрсету ишаратын жасау.* ә) *Құрметтеу, сыйлау, сөзсіз мойындау.* **Басын кекең еткізді.** *Басын кегжеңдетті, кекеңдетті.* **Басын кекжек еткізді.** сөйл. *Басын кегжең еткізді.* **Басын кекжең еткізді [етті]** сөйл. *Басын кегжең еткізді (басын оқыс көтеріп алды, артқа қарай сілкіп тастады, кекшеңдеді).* **Басын кекжитіп байлау**. *Малды тұқыртып байлау кезінде арасында дем алдыру үшін, суыту мақсатымен қолданылатын байлау тәсілі.* **Басын кепілге салса да.** *Қайтсе де, соңғы мүмкіндігін пайдаланса да.* **Басын кессе де, шындықпен кетті [өлді].** *Турашыл, әділ болды, шындықтан таймады.* **Басын кесу жазасы.** тар. *Ауыр қылмыс жасаған адамның басын қылышпен, балтамен кесу.* **Басын көрге сүйреді.** *Қиыншылыққа душар қылды; құлдыратты; өлімге апарды.* **Басын көтере алмады.** *Қатты ауырып яки ауыр соққы көріп, орнынан тұра алмады.* **Басын күн шалғанда.** *Ісі оңға басып, бақыты жүріп тұрғанда.* **Басын күн шалды.** *Басына бақыт қонды, дәуірледі.* **Басын қаздаң еткізді.** *Басын шұғыл көтерді.* **Басын қайттады.** *Басын алып қашты, бас аманын іздеді.* **Басын қайырды.** а) *Істі дендетіп, игеріп тастады, біраз жұмысты тындырды.* ә) *Біраз жайды баяндады.* **Басын қақты.** *Басын мойнынан кесті.* **Басын қақшаң еткізді.** *Басын қақаң еткізіп көтеріп алды, қақшитты.* **Басын [миын] қатырды.** *Әуре қылды, қинады, миын ашытты.* **Басын қатерге тікті [байлады].** *Өлімнен қорықпады, тәуекел етті.* **Басын [шашын] қасыды.** *Не істерін білмей, ойланып қалуды білдіретін қимыл ишаратын жасады.* **Басын қорғады.** *Жанын арашалады, бас амандығын сақтады.* **Басын қорғау.** *Арашалау, ара түсу.* **Басын қосты.** *Біріктірді, топтастырды, жинады.* **Басын қоярға жер таппады.** *Әбден қиналып, не істерін білмеді, пана болар жер таппай әуреге түсті.* **Басын құдай кесті.** *Мойнын жұлып алды, өлтірді.* **Басын [бас] құсырды.** *Үйленді, отбасын құрды.* **Басын құрады.** *Біріктірді, жинады.* **Басын құрбан қылды.** *Өзге адам үшін өз басын өлімге тікті, жанын пида етті.* **Басын құшты.** а) *Құшақтап төсіне басты.* ә) *Кебін киді.* **Басын қылтитты.** а) *Басының бір шетін ғана көрсетті.* ә) *Бүршік жарды.* **Басын оңға қаратты.** діни. *Дүниеден озғалы жатқан адамның иманын үйіру үшін бетін құбылаға бұрды.* **Басын сау сақтау.** *Аман қалу, амандығын ең алдымен ойлау.* **Басын сыйлады.** *Үлкендігін ескерді, жасын құрметтеді.* **Басын тауға да, тасқа да соқты [ұрды].** *Ойға да, қырға да жүгіріп әуре-сарсаң болды, дағдарды.* **Басын төмен салды.** *Бетіне қарай алмады, жерге қарап қалды.* **Басын төрге сүйреді.** *Абыройын асырды, жақсы атағын шығарды, даңқын асырды.* **Басын тұқыртып байлау**. *Қашқақтап ұстатпайтын малдың басын бір аяғына емес, екі аяғына тұқыртып (басын еңкейтіп қазыққа байлап) отқа қоятын байлау тәсілі.* **Басын тігу.** *Өзін өлімге қию, құрбан ету.* **Басын тікті.** *Өзін өлімге қиды, жанын құрбан етті.* **Басын шайқады.** а) *Таңғалғанда, бір нәрсенің сырын білмей күмәнданғанда, қайран қалғанда, «жоқ» дегенде басын екі жаққа кезек-кезек шайқап білдіретін ым-ишарат.* ә) *Құптамады, бас тартты.* **Басын шалды.** а) *Тиіп-қашып ананы бір, мынаны бір айтты.* ә) *Мал сойды.* **Басын [сау басын] шаталады.** *Пәлеге ұрынды, дауға қалды.* **Басын шарға салды.** *Дау-жанжалға ұрынды, пәлеге ұшырады.* **Басын шатты.** *Қырсыққа душар етті, әуреге түсті, дауға қалды, кесірін тигізді.* **Басын шұлғыды [изеді].** *Мақұлдады, құптады.* **Басын [шекесін] шыңылдатты.** *Ауыр ой мазасын кетірді, мыңдынын шығарды.* **Басын шырмады.** *Сиқырлады, дуалады, басын айналдырды.* **Басының дымы кеппеген.** *Өмірден көрген-түйгені аз, өмірге жеңіл-желпі қарайтын.* **Басының садағасы.** *Басы аман қалғанына риза болу.* **Басының сақинасы бар**. *Бас ауруы бар.* **Басын іске бағыштады**. *Бір істі жүзеге асыруға бел буды, өзін іске арнады.* **Басыңа көрінгір!** қарғ. *Бар бәле өзіңе болсын! Жамандық өз басыңа келсін деген мағынада айтылатын қарғыс сөз.* **Басыңа не жетті [күн туды].** *Соншама не болды деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Басың қалғыр**! қарғ. *Бір нәрсенің жолында өлгір, қараң қалғыр!* **Басы о дүниеге байланды**. *О дүниелік болды, қайтыс болды.* **Басы піспеді**. *Қарама-қарсы көзқарастағы адамдар ешбір тіл табыса алмады, бірін-бірі түсінбеді.* **Басы салбырады.** *Еңсесі түсті, жүні жығылды, түнжырады.* **Басы сандалды.** *Басы қаңғырды, дал болды, есі шықты.* **Басы [қара басы] сау.** *Аман-есен, тыныштықта.* **Басы сотқа айналды**. *Қылмысты болды, басына іс түсті.* **Басы сотқа байланды**. *Жауапқа тартылды, сотталды.* **Басы сынды.** *Басы қатты ауырды.* **Басы тауға да, тасқа да ұрылды.** *Қиыншылық, азап көрді.* **Басы таудай, аяғы қылдай.** *Басы әжептәуір жақсы болып, аяғы сұйылып кетті.* **Басы тең.** *Артық-кемі жоқ, бір-біріне сай.* **Басы түйісті.** *Бір жерге жиналды, кездесті, жолықты.* **Басы шатаққа ілінді.** *Шатылды, дау-дамайға қалды.* **Басы шатасты.** *Қателесті, алжасты, бір іске кіріптар болды.* **Басы шырғалаңға түсті.** *Басына іс түсті, бір пәлеге кезікті.*

**БАС**² [итал. basso] з а т е с. м у з. **1.** *Ер адамның ең төменгі жуан даусы.* **2.** *Ең жуан дауысты әнші.* **3.** *Төмен тембрлі үрлемелі сазды жез аспап.*

**БАС**³= е т. **1.** *Қозғалып жүру, адымдау.* **2.** *Жел ұшырып кетпес үшін жеңіл нәрселердің үстін ағаш, темір сияқты салмақты нәрселермен басып қою.* **3.** *Бір нәрсенің үстіне күш түсіріп жаншу, таптау, мыжу.* **4.** *Бір нәрсені ұстап, жібермеу.* 4. *Кітап, газет, журналды баспадан шығару.* **5.** *Жүкті, әртүрлі заттарды көлікке тиеу.* **6.** *Түгелдей басып қалу, жабу.* **7.** *Көбею, молаю, қаптау.* **8.** *Бір нәрсені үсті-үстіне қарқындата түсу, үдете түсу.* **9.** *Салмағы артық түсу.* **10.** *Күйдіру, қару, белгі немесе таңбасын салу.* **11.** *Азайтыңқырау, бәсеңдету, төмендету.* **12**. *Отырған орнынан табу, үстінен түсу.* **13.** *Дәнді дақылды қауызынан, сабағынан бөлу, дәнін ажырату; бастыру.* **14.** *Күшпен жеңіп, бағындыру.* **15.** а у ы с. *Бір нәрсенің күшін, уытын қайтару, бәсеңдету.* **16.** а у ы с. *Тоқтату, өршітпеу.* **17.** *Мылтықтың шүріппесін немесе басқа да заттардың басқыштарын қолмен, аяқпен қозғалысқа түсіру.*

**Басқан аяғы кейін кетсін!** қ а р ғ. *Ісі оңбасын, қырсық-кесір арылмасын!* **Басқан аяғы [жүрісі, қадамы] санаулы.** *Істеген ісі, әрекеті аңдуда, есепке алынуда, тексеруде.* **Басқан жерінен шөп шықпасын.** қ а р ғ. *Ісі оңбасын, қырсық-кесір арылмасын!* **Басқан із.** *Өткен өмір, бастан кешкен іс-әрекет.* **Басқан ізде белгі жоқ**. *Өткен өмір белгісіз, із-түзсіз.* **Басқан ізін аңдыды [санады]**. *Не істеп, не қойғанын қалт жібермей бақылады, назардан тыс қалдырмады.* **Басқан ізін білдірмеді**. *Түк білдірмеді: іс-әрекетін айламен жасырды, сездірмеді.* **Басқан [басып кеткен] ізіне теңгермейді.** *Теңі емес, оның қасында түк емес, оған айырбастамайды.* **Басқан ізіне тұрмайды.** *Теңі емес, теңеуге жарамайды.* **Басқан ізіне [жеріне] шөп шықпайды.** *Ниеті теріс, қу, арам.* **Басқан ізім артымда қалсын.** *Әзіл, қалжың түрінде өтірік қарғағанда айтылады.* **Басқан ізіне тең келмейді.** *Теңі емес; оның қасында түк емес, оған айырбастамайды.* **Басқан ізін көгертті.** *Жүрген жері береке болды, ісі оңға басты.* **Бас салды**. а) *Алай-бұлайға қаратпай шап беріп ұстады.* ә) *Кенеттен, бір ден иеленді, бағындырды.* б) *Құшақтай алды.* в) *Жабысты,*

*қомағайланды.* **Басып алды.** а) *Өзіне қаратты, күштеп иемденді, жаулап алды.* **Басып қалу**. *Өзіне қаратып алу, иемденіп қалу.* **Басып кірді.** *Күшпен жаулап алды, жаугершілікпен күштеп енді.* **Басып озды.** а) *Қуып жетіп, алға озып кетті.* ә) *Еңбекте, оқуда т.б. әріптестерінен, қатарластыратын артық болды.* **Басып озу.** *Басқалардың алдына шығу, артық болу.* **Басып өтті.** *Бір нәрсенің үстінен өтті, жүрді.* **Басып салды.** *Қарумен атып жіберді, бірден атып тастады.* **Басып тастады.** *Десін қайтарды.*

**БАСА** үст. *Айрықша, ерекше, үстемелеп, толтыра.*

**БАСА-БАСА** үст. **1.** *Қайта-қайта, тәптіш теп, бірнеше рет, атап-атап.* **2.** *Үстемелеп, толтыра-толтыра.*

**БАСА-ЖАНША** үст. *Киіп-жара, ентелей, жолындағыны қаға-соға.*

**БАСА-КӨКТЕ=** ет. **1.** *Ешнәрсеге қарамай, киіп-жару.* **2.** *Басыну, көзге ілмеу.*

**Баса-көктеп кірді.** *Ай-шайға қарамай, батыл енді, киіп-жарды.*

**БАСА-КӨКТЕТ=** ет. **1.** *Ешнәрсеге қаратпай киіп-жарғызу.* **2.** *Басындыру, көзге ілдірмеу.*

**БАСА-КӨКТЕТУ** *Баса-көктет етістігінің қимыл атауы.*

**БАСА-КӨКТЕУ** *Баса-көкте етістігінің қимыл атауы.*

**БАСАЛА** зат. жерг. *Тарыдан жасалған қоюлау көже.*

**БАСАЛАЙ** зат. жерг. *Тарыдан жасалған быламық.*

**БАСАЛҚА** зат. **1.** *Ақыл, кеңес, басу сөз.* **2.** *Ақыл, кеңес беретін, басу айтатын адам.* // *Ақылшы, кеңесші.*

**Басалқа сөз.** *Тоқтам, төрелік сөз.*

**БАСАЛҚАЛЫ** сын. сөйл. ***Басалқылы.***

**БАСАЛҚАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Басалқылық.***

**БАСАЛҚАШЫ** зат. *Ақыл-кеңес беруші.*

**БАСАЛҚЫ** зат. **1.** *Ақыл-кеңес, басу сөз.* **2.** *Жол бастаушы, жөн-жосық көрсетуші.*

**Басалқы айтты.** *Тоқтау сөз айтты, ақыл берді.* **Басалқы мінез.** *Сабырлы, ақыл тоқтатқан байсалды мінез.*

**БАСАЛҚЫЛЫ** сын. *Көрген-білгені мол басалқалы, салихалы.*

**БАСАЛҚЫЛЫҚ** зат. *Ақыл-кеңес берушілік, басалқалық.*

**БАСАЛҚЫШЫ** зат. *Ақыл-кеңес беруші.*

**БАСАЛМА** зат. *Ұрşықтың басын (қаңғалағын) суырып алып толтыру әдісі..*

**БАСАЛМАНДЫҚ** зат. сөйл. *Бейбас тақтық, берекесіздік.*

**БАСА-МАСА=** ет. сөйл. *Басып-жаншып, асығып.*

**БАСАР**[1] зат. **1.** *Қатты желден қорғану үшін киіз үйдің үстінен бастыра қазықтарға байланатын ұзын екі арқан.* **2.** *Шөп т.б. жеңіл затты жел ұшырып кетпеу үшін үстінен бас тыра қойылатын ұзын сырық ағаш.*

**Басар аяқ нық болды**. *Қолға алған шаруаны дөңгелетіп әкетердей қабілеті күшті болды, сенімді болды, тәжірибелі болды.*

**БАСАР**[2] зат. *Мылтықтың шүріппесі.*

**БАСАР**[3] [ар. بصار] зат. *Көруші, ұғынушы, түсінуші, білуші.*

**БАСАР** зат. *Баспа.*

**БАСАРАЗ** сын. *Араз, өкпелі, реніші.*

**БАСАРАЗДЫҚ** зат. *Басараз болушылық, қырғи қабақтық.*

**БАСАР-БАСПАС** үст. *Аяқты тиер-тимес етіп ақырындап, ептеп (басу), білдірмей (жүру).*

**БАСАРҚА** зат. *Жылқы түлігінің шоқтық тұсы, сабақты (ұзын) арқа сүйектің үстіңгі қыры.*

**Басарқасын алдыру**. *Жылқы жануарының таласқан кезде, бірін-бірі тістегенде, әсіресе айғыр шайнасқанда қырарқадан, басарқадан тістеп жаралауы.* **Басарқасы ошақтай**. *Жауырдың ауыр түрі.*

**БАСАРЛЫҚ** зат. *Салмағы артарлық, жеңерлік, басатындай.*

**БАСАС=** ет. *Өршелену, жанталаса ұмтылу, ерегесу.*

**БАСАСАУ** зат. **1.** *Басына ноқта киілмеген, мінілмеген, қолға үйретілмеген тарпаң мінезді жылқы.* **2.** ауыс. *Өзгенің айтқанына құлақ қоя бермейтін, өз дегенімен жүретін бірбеткей, қиқар адам.*

**БАСАСАУЛАН=** ет. *Ырқына көнгісі келмей бұлқыну, үркектеп қашқалақтау.*

**БАСАСАУЛАНУ** *Басасаулан етістігінің қимыл атауы.*

**БАСАСАУЛЫҚ** зат. **1.** *Басасау болушылық.* **2.** *Бірбеткейлік, көкіректік.*

**БАСАСУ** *Басас етістігінің қимыл атауы.*

**БАСАТ** зат. кәс. *Теңіздің тыныш, жайлы қойнауы.*

**БАСАТ-БАСАТ** зат. геогр. *Теңіздің құрлық жерге сұғынып бөлініп шыққан кең қойнауы.*

**БАСАУЛЫҚ** зат. *Басы ауушылық, басы ауған жаққа кетушілік.*

**БАС-АЯҒЫ**[1] үст. **1.** *Бастан аяққа дейін, тұла бойы түгелімен.* **2.** ауыс. *Үлкені мен кішісі, жасы мен кәрісі, бәрі, жалпы көпшілік.*

**Бас-аяғы жиналды.** *Тегіс келді, төрт көзі түгел болды.* **Бас-аяғы жоқ.** *Не басталған жері, не аяқталған жері жоқ, белгісіз.* **Бас-аяғына көз жүгіртті [қарады, шолды].** *Бой-басын түгел қарап шықты.* **Бас-аяғы түзу.** *Он екі мүшесі аман, дені сау, ақыл-есі дұрыс.*

**БАС-АЯҒЫ**[2] үст. **1.** *Небәрі, бар болғаны.* **2.** *Ұзын саны, бар-жоғы, түгел, жаппай.* **3.** ауыс. *Бүкіл, барлық, жалпы көлемі.*

**БАС-АЯҚСЫЗ** сын. *Басы да, аяғы да жоқ.*

**БАСАЯҚТЫ**: **бас-аяқты ұлулар**. биол. <лат. cerphalopoda> *Моллюскалар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы.*

**БАСАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <cephalopoda> *Моллюскілер типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы.*

**БАСБАҚ** зат. *Малдың бас мүшесінде өрбитін құрт ауруының бір түрі.*

**БАСБАҚШЫЛ** сын. сөйл. ***Баспақшыл.***

**БАСБАҚЫЛ** сын. *Ақылды, қу, аңғарымпаз.*

**БАС-БАС** сын. *Ірі-ірі, кесек-кесек.*

**БАС-БАСЫ** үст. *Әрқайсысы, жеке-жеке.*

**Бас-басына би болған.** *Әркім, әрқайсысы билік айтқан, өзін би санаған.* **Бас-басына би болды.** *Әрқайсысы өзінше билік айтты, кісімсіді.* **Бас-басына тозды**. *Бет-бетімен кетті, бытырады, тарады.*

**БАСБАУ** зат. *Киіз үйдің негізгі, үлкен, жалпақ бауы, басқұр.*

**БАСБУНАҚ** зат. этн. *Күн қайыру бойынша шамамен ақпан айының тоғызыншы жаңасынан маусым айының тоғызыншы жұлдызына дейінгі уақыт.*

**БАСБҰЗАР** сын. **1.** *Тентек, содыр, бұзақы.* // *Тентектік, содырлық жасаушы, бұзақы, төбелесқор адам.* **2.** *Бүлікші, арандатушы.*

**БАСБҰЗАРЛЫҚ** зат. *Сотқарлық, тентектік, бұзақылық.* **2.** псих. *Адамның бұзақылықпен айналысушылық, бұзықтық жасаушылық, содырлық сияқты жағымсыз әрекеті.*

**БАСБІЛГІ**[1] зат. *Байсалды, ақылды басшы, жанашыр адам.*

**БАСБІЛГІ**[2] сын. *Мініске үйретілген (өгіз, тайынша, жылқы).*

**БАСЖАҚСЫ** зат. этн. **1.** *Қыз беретін жаққа, қалыңдықтың әке-шешесіне, жасау жиып, төсек-орын дайындау үшін төрт түлік малдың әр түрінен іріктеп, не бағалы зат түрінде беретін қалыңмалдың ерекше түрі.* **2.** *Сәукеленің әшекей бұйымдарының, асыл тастарының жалпы атауы.*

**БАСЖАЛБЫР** зат. жаңа. *Орамжапырақтар тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық өсімдік туысы.*

**БАС-ЖӨН** зат. *Жөн-жосық.*

**БАСЖІП** зат. *Мал байлауға арналған жіп.*

**БАСКЕСЕР** зат. *Қанышезер, жауыз, кісі өлтіргіш.*

**БАСКЕСЕРЛІК** зат. *Қанышезерлік, жауыздық.*

**БАСКЕТБОЛ** [ағыл. basket – тор, ball – доп] зат. спорт. *Үш метр биіктікте орналасқан шеңберлі ұяға допты қолмен лақтырып түсіретін командалық спорт ойыны.*

**Баскетбол алаңы**. *Баскетбол ойнауға арналған арнайы орын.*

**БАСКЕТБОЛШЫ** зат. спорт. *Баскетбол ойынымен айналысатын спортшы.*

**БАСКЕУІТ** зат. жерг. *Кемедегі ас пісіретін бөлме.*

**БАСКИІМ** зат. *Басқа арналып тоқылған, тігілген киім түрлерінің (тымақ, құлақшын, малақай, сәукеле, тақия, бөрік) жалпы атауы.*

**БАС-КӨЗ**: **бас-көз болды**. *Біреуге көз қырын салып, басшылық етті, қамқоршы болды.*

**Бас-көз демей [бас-көзге қарамай]**. *Бет алды, бас демей, көз демей, ешнәрсенің байыбына бармай.*

**БАС-КӨЗДІК** зат. *Бас-көз болушылық қамқорлық, естиярлық.*

**БАСКӨТЕРУ** зат. *Бір нәрсеге наразылық білдіруден болатын көтеріліс.*

**БАСКІЛЕР** зат. *Испанияның Наварра автономиялы облысында тұратын халық.*

**БАСҚА** сын. **1.** *Екінші біреу, бөлек, бөтен, өзге.* **2.** *Ерекше, айрықша, жөні басқа.*

**Басқаға басты қатырмады.** *Өзінің пайдасынан, жеке басының қамынан басқа нәрсені ойламады.* **Басқаны айтпағанда.** *Өзгені былай қойғанда, өзгені есептемегенде.* **Басқа өсті.** *Бөтен жерде өсті, өзін көпшіліктен оқшау ұстады, елден саяқ жүретін тоғышар болды.* **Басқа сөзге жол бермеді.** *Бұдан бөтен сөзді естігісі келмеді, осыған тоқтады.*

**БАСҚА-БАСҚА** сын. *Ерекше, бөлекше, әртүрлі.*

**БАСҚАҒАР** зат. *Бұйрық бойынша адамдардың басын алып тастап тұратын жендет.*

**БАСҚАДАЙ** сын. *Өзгеше, өзгедей, бөтендей.*

**БАСҚАДАЙЫН** сын. стиль. *Өзгеше, басқа, бөлекше, басқадай.*

**БАСҚАҚ**[1]**=** ет. зат. *Дәруменнің жетіспеуінен болатын буаз саулықтың ауруы.*

**БАСҚАҚ**[2] зат. көнерген. *XIII-XV ғғ. монгол-татар билігі кезіндегі мансап иесі, өлке басқарушысы.*

**БАСҚАЛ** зат. жерг. *Орын, мінбе, қайыққа мінетін жер.*

**БАСҚАЛА=** ет. сөйл. *Бөлектеу, өзгешелеу.*

**БАСҚАЛАЙ** үст. сөйл. *Басқадай, басқаша.*

**БАСҚАЛАН=** ет. *Өз төңірегінен өзгешеленіп бөтенсу, бөлектену.*

**БАСҚАЛАНУ** *Басқалан етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚАЛАУ** сын. *Бөтендеу, бөлектеу, өзгешелеу.*

**БАСҚАЛДАҚ**[1] зат. жерг. *Екі-үш түйе қамыс не топырақ апарып, теңіз жағасынан үкі салу үшін сайланған орын.*

**БАСҚАЛДАҚ²** зат. жерг. *Саты, баспалдақ.*

**БАСҚАЛҚА** зат. *Басшы, көсем, қамқор ағасы деген мағынада.*

**БАСҚАЛЫҚ** зат. *Басқа болушылық, ұқсамаушылық, өзгелік, бөтендік.*

**БАСҚАР=** ет. **1.** *Басшылық ету, билігін жүргізу.* **2.** *Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету.*

**БАСҚАРАҚ** сын. *Сәл-пәл өзгешерек, бөлегірек, басқалау, бөтенірек.*

**БАСҚАРҒЫШ** сын. *Бір нәрсені ұйымдастыргыш, басшылық еткіш, билік жүргізгіш.*

**Басқарғыш мәшине**. *Күрделі немесе өзара байланысты объектілерді басқаруға арналған есептеуіш машина.*

**БАСҚАРМА¹** зат. **1.** *Мемлекеттік атқару және билік жүргізу органдарының құрамындағы әкімшілік бөлімше.* **2.** *Кәсіпорынның, ұйымның қызметіне алқа түрінде басшылық жасайтын, белгілі бір мерзімге сайланатын орган.* **3.** сөйл. *Осы мекемені басқаратын ұжым басшылары, ұйымның басқарушы мүшелері.*

**Басқарма алқасы**. *Басқарма мүшелерінің тобы.* **Басқарма бастығы.** *Белгілі бір мекемедегі әкімшілік органның немесе әкімшіліктің басқарушысы.*

**БАСҚАРМА²** зат. жерг. *Бүкпе, шананың басқы бүкпесі.*

**БАСҚАРМАДАЙ** сын. *Басқарма сияқты.*

**БАСҚАРМАЛЫҚ** зат. *Ұжымды, шаруашылықты басқарушылық.*

**БАСҚАРТ¹=** ет. *Басшылық еткізу, жетекшілік етуді тапсырып, міндеттеу.*

**БАСҚАРТ²=** ет. *Өзгерту, басқа ету.*

**БАСҚАРТУ** *Басқарт етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚАРУ** *Басқар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басшылық ету, билігін жүргізу.* **2.** *Ұйымдастыру, жетекшілік ету.* **3.** *Меңгеру, игеру.* **4.** экон. *Ұйымдасқан жүйеге нысаналы түрде ықпал жасау, оның белгіленген құрылымын сақтау, қызметтің тәртібі мен мақсатын қолдау.* **5.** инф. <ағыл. control, management> *Берілген бағдарламаға сәйкес нысанаың жұмыс істеуін үзбеуге немесе жетілдіруге бағытталған және нақты апарат негізінде таңдап алынған әрекеттер жиынтығы.*

**Басқару ағыны.** инф. <ағыл. control flow> *Орындалатын командалар тізбегі.* **Басқару аймағы.** инф. <ағыл. management domain> *Электрондық поштада хабарларды жеткізу желілерінің белгілі бір жиынтығы.* **Басқару алгоритмі.** а) экон. *Басқару шешімдерін әзірлеудің, жоспарларды тұжырымдаудың, басқару барысында ақпарат алмасудың дәл белгіленген тәртібі.* ә) тех. *Қандай да бір басқару процесін жүзеге асыру үшін орындалатын ережелердің реті көрсетілген жүйе.* **Басқару аппараты.** *Қоғамның әрбір саласы бойынша нұсқау-тапсырмалар беріп, олардың орындалуын қадағалайтын арнаулы білімді қызметкерлерден құрылған ұйым.* **Басқару атқарымдары.** *Басқару қызметінің түрі.* **Басқару әдісі.** *Еңбек ұжымының жекеленген орындаушылардың объектісінің алдында тұрған мақсаттарға жетуге бағытталған басқару қызметінің тәсілдері.* **Басқару блогі.** инф. <ағыл. control block> *Есептеу процесін басқару үшін операциялық жүйе пайдаланылатын интерфейсінде – редакциялау терезесінде команда параметрлерінің қосылғандық белгілері, батырмалары немесе басқарудың басқа түрлері де бар терезе.* **Басқаруды автоматтандыру.** инф. *Басқару саласына есептеу техникасын, автоматика құрылғыларын және экономикалық-математикалық әдістерді енгізу процесі.* **Басқаруды жүктеу.** инф. <ағыл. control loading> *Басқару мәліметтерін арнайы жадқа жазу.* **Басқаруды интенсивтендіру.** экон. *Басқарушылық еңбекті жақсы ұйымдастыру, басқарушылық шешімдерді әзірлеу әдістерін жетілдіру және т.б. жолмен жүзеге асырылатын жеделдету.* **Басқарудың автоматтандырылған жүйесі.** инф. <ағыл. the automated control system> *Кәсіпорын немесе сала көлемінде экономикалық-математикалық әдістерді қолдана отырып, өндірісті басқару процестерін кешенді автоматтандыруға арналған «адам – мәшине» типті жүйе; әртүрлі объектілерді басқаруды автоматтандыруға арналған бағдарламалық және техникалық құралдар кешені.* **Басқарудың әкімшілік аймағы.** инф. <ағыл. administration management domain> *Электрондық поштада – телекоммуникациялық операторлардың басқаруында болатын басқару аймағы.* **Басқарудың әкімшілік әдістері.** экон. *Бірлескен қызмет барысында міндетті түрде орындалуға тиіс нормативтік актілер, директивалар мен бұйрықтар, нұсқаулар мен өкімдер, басқа да жарлықтар арқылы адамдардың қатысына ықпал ету құралдарының жиынтығы.* **Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері.** экон. *Ұжымның қалыптасуы мен даму процесіне, оның ішіндегі әлеуметтік процестерге оңтайлы психологиялық ахуал жасау жолымен адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге ықпал етудің нақты тәсілдері.* **Басқарудың директивалық әдістері.** экон. *Басқару субъектісінің, басқарушы органның басқару объектісі; субъектіге бағынышты тұлғалар тарапынан мүлтіксіз орындалуға тиіс өкім әзірлеуге негізделетін әдістер.* **Басқарудың дискреттік жүйесі.** инф. <ағыл. discrete control system> *Ақпарат екі немесе одан да көп элементтер арасындағы импульстер тізбегімен берілген жүйе.* **Басқарудың дистанциялық жүйесі.** тар. *Ресей өкіметі Батыс Қазақстанда хандық билікті жойғаннан кейін енгізген жергілікті әкімшілік-аумақтық бөліктер құрылымы.* **Басқарудың классикалық мектебі.** экон. *Ұйымда ұтымды пайдалану үшін бұрынғы кезеңде қалыптасқан және жалпы қағидаларға теңдестіруге негізделген амал.* **Басқарудың командалық әдісі.** әск. *Зымыранның ұшуын басқаратын белгілердің (команда) оның бортына жердегі қондырғыдан берілетін нысанаға бағыттау әдістерінің бірі.* **Басқарудың микропроцессорлық жүйесі.** инф. <ағыл. Microprocessor system> *Автоматтық құрылғылардан тұратын жүйе.* **Басқарудың экономикалық әдістері.** *Қызметкерлердің материалдық мүдделеріне ықпал ету үшін объективтік заңдылықтар мен санаттарды саналы түрде пайдалануға негізделген басқару әдістерінің тобы.* **Басқару еңбегі.** *Мекеменің, кәсіпорынның басқару жүйесінде қызмет атқаратын лауазымды адамдар еңбегінің жалпылама атауы.* **Басқару жабдығы.** тех. *Электрондық есептегіш машинаның негізгі жабдығы.* **Басқару жолағы.** инф. <ағыл. control bar> *Windows жүйесінің графикалық интерфейсінде – редакциялау терезесінде команда параметрлерінің қосылғандық белгілері, батырмалары немесе басқарудың басқа түрі бар терезе.* **Басқару жүйесі.** а) пед. *Балаға білім беру мен тәрбиелеу ісінде қолданылатын, түрлі әдіс-тәсілдердің жиынтығы.* ә) экон. *Қаржыландыру, жоспарлау, өнім шығаруды бақылау, есептеу жүйелері т.б. кіретін фирманың ұйымдық құрылымның элементі.* **Басқару иерархиясы.** инф. < ағыл. control hierarchy> *Басқару жүйесі өзара байланысқан деңгейлердің (рангтердің) бағыныштылық реті.* **Басқару қадамы.** инф. <ағыл. control step> *Басқарылатын объектіге бірінен соң бірі келетін екі тізбекті басқару әсерін берудің уақыт аралығы.* **Басқару құрылғысы.** инф. <ағыл. devices of management> а) *Алдыңғы операциялардың нәтижелері мен орындалатын операцияның ерекшелігіне байланысты уақыттың керек сәтіне белгілі бір басқару сигналдарын (басқарушы импульстерді) қалыптастыратын және мәшиненің барлық блоктарына беретін құрылғы.* ә) *Берілген бағдарламаға сәйкес құрылғылардың барлық бөліктері автоматтық басқаруға арналған компьютер процессорының құрылым бөлігі.* б) *Жад; арифметикалық логикалық құрылғы және машинаның басқа бөліктерінің арасында ақпараттың алмасуын басқаруды жасақтайтын қажетті регистрлері, санауыштары мен басқа элементтері бар орталық процессордың бөлігі.* **Басқару объектісі.** <ағыл. control object> *Жұмыс істеуді басқару жүйесінің әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын техника, процесс немесе адамдар ұжымы.* **Басқару операторы.** инф. *Магниттік таспалармен және дискілермен жұмыс істейтін оператор.* **Басқару операциясы**. инф. <ағыл. control operation> *Мәліметтерді енгізу-шығарумен немесе өңдеумен тікелей байланысты емес компьютердің кез келген операциясы.* **Басқару органы [орындары]**. заң. **1.** *Мемлекеттің аумақтық-әкімшілік бөлініс нысандары қызметін реттеп, жүргізіп отыратын ұйым, мекеме.* **Басқару панелі.** инф. <ағыл. control panel> а) *Бұрынғы электрондық мәшинелерді қолмен басқаратын, индикаторлармен және қосқыштармен жабдықталған пульт.* ә) *Windows жүйесінің графикалық интерфейсінде жұмыс ортасы ыңғайластырылатын мыс. экран түсі, қыстырма, қаріптер мөлшері, меңзердің жыпылықтау мерзімі және т.б. анықталатын терезе.* **Басқару психологиясы.** пед. *Психологиялық басқару ісіндегі заңдылықтарды зерттейтін психологияның саласы.* **Басқару пункттері.** әск. *Ұрыс қимылдарын дайындау, жүргізу немесе жауынгерлік кезекшілік кезінде қолбасшы штаб офицерлерімен бірге орналасып, әскерлерді басқаратын арнайы техникалық құралдармен жабдықталған орындар.* **Басқару пішімі.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттегі жоғары билік органдарын құрып, ұйымдастырудың құрылымы мен ретін, олардың арасындағы қарым-қатынастар тәртібін сипаттайтын ұғым.* **Басқару режимі.** инф. <ағыл. control mode> *Жалпы жағдайда басқарылатын объектінің іс-әрекетін басқару тәсілі.* **Басқару схемалары.** инф. *Ақпараттық құрылғының жұмысын басқаруға арналған электрондық схема.* **Басқару сызығы.** инф. <ағыл. control line> *Енгізу-шығарудың стандартты интерфейсінің сызығы (шинасы).* **Басқару техникасы.** экон. *Басқару (менеджмент) міндеттерін атқару кезінде қолданылатын техникалық құралдар.* **Басқару томы.** инф. <ағыл. control volume> *Операциялық жүйенің бір немесе бірнеше каталогтар индексінен тұратын том.* **Басқару торы.** экон. *Басқарудың тиімділігін бақылаудың қос мөлшерлі тәсілі.* **Басқару үрдісі.** *Басқарудың қалыптасқан, дәстүрге айналған, орнықкан жүйесі.* **Басқару формасы**. саяси. *Мемлекеттегі билік түрі.* **Басқару шинасы.** инф. <ағыл. control bus> *Басқару сигналдары мен бақылау сигналдарын жеткізуге арналған жалпы шинаның бөлігі.* **Басқару элементі.** инф. <ағыл. control> *Бағдарлама жұмысын басқаруға және ақпаратты енгізу мен шығаруға арналған пайдаланушының графиктік интерфейсінің құралы.*

**БАСҚАРУШЫ** зат. *Бір іске, мекемеге, шараға басшылық етуші жетекші.*

**Басқарушы автомат.** инф. *Операциялық құрылғының операциялық автомат жұмысын басқаратын бөлігі.* **Басқарушы ақпарат.** инф. <ағыл. control information> *Құрылғыда, бағдарламада, жүйеде орындалатын белгілі бір басқару міндеттерін жүзеге асыруға негіз болатын мәліметтер.* **Басқарушы бекет.** инф. <ағыл. managing station> *Ақпаратты жеткізу, қабылдау және қалпына келтіру сұраныстарының орындалуын бақылайтын мәліметтерді жеткізу желісіндегі бекет.* **Басқарушы бит.** инф. <ағыл. control bit> *Мәнін басқару режимін өзгертуге пайдаланылатын басқару регистріндегі разряд.* **Басқарушы десте.** инф. <ағыл. control packet> *Есептеу желілеріндегі желіні басқаруға қажетті ақпараттан тұратын өріссіз мәліметтер дестесі.* **Басқарушы жад.** инф. <ағыл. control storage> *Басқарушы бағдарламадан немесе микропрограммадан тұратын жад.* **Басқарушы матрица әдісі.** инф. <ағыл. control matrix method> *Басым үзілімдер жүйесі.* **Басқарушы оператор.** инф. <ағыл. control statement> *Тапсырманы немесе оның бөлімдерін орындауға қажетті басқарушы ақпаратты анықтайтын оператор.* **Басқарушы перне.** инф. <ағыл. control key> *Басқару пернемен үйлесімді басылғанда балама мағына беретін перне.* **Басқарушы регистр.** инф. <ағыл. control register> *Мәліметті басқару міндеттерін кеңейтуге немесе өзгертуге пайдаланатын бағдарламалар жүктелетін регистр.* **Басқарушы [басқару] сигнал.** *Техниканы пайдалануда қолданылатын басты амал-әрекет, қалыптасқан рет.* **Басқарушы символ.** инф. <ағыл. control character, commond character > а) *Команданы белгілейтін биттер комбинациясы, мыс., мәліметтер блогының* <басы> немесе <соңы> ә) *Ондық коды 32-ден кіші кодтық кесте символы.* **Басқарушы электрондық цифрлық мәшине.** әск. *Әскерлерді қару мен ұрыс техникасын автоматты басқару жүйесінде қолдануға арналған дискретті электрондық есептеу мәшинесі.*

**БАСҚАРУШЫЛЫҚ** зат. *Басшылық етушілік, жетекші болушылық.*

**Басқарушылық есеп.** экон. *Жоспарлау, бағалау және бақылау, сондай-ақ өз ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін субъект басшысы пайдаланатын қаржы ақпаратын айқындау, өлшеу, жинақтау, талдау, түсіндіру және табыстау процесі.* **Басқарушылық инфрақұрылым.** экон. *Басқару процесін қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелердің, олардың бөлімшелерінің жүйесі.* **Басқарушылық шешім.** экон. *Басқарушы жүйенің (басқару органдарының) басқару объектісіне нысаналы түрде ықпал жасауының негізгі элементі, іс-әрекетінің мақсатын тұжырымдау, оны іске асыру бағдарламасы.*

**БАСҚАРЫЛ=** ет. *Адамды, мекемені, техниканы біреу арқылы, бір нәрсе арқылы басқару, жұмсау.*

**Басқарылатын авиациялық бомба.** әск. *Тұрақтандырғышы, қызметі, рөлі, кейде қанаты бар басқарылатын бомба.* **Басқарылатын айналым.** инф. <ағыл. controlled variable> *Жадты бөлумен босату жадты динамикалық үлестіру операторларының көмегімен жүзеге асырылатын айналымы.* **Басқарылатын баға құрылымы.** экон. *Тауарлар мен қызметтердің бағасын рыноктың факторлар емес, үкімет органдары, жеткізушілердің ресми және бейресми картельдері, сондай-ақ сауда қауымдастықтары белгілейтін қағида.* **Басқарылатын бөліну.** инф. <ағыл. controlled division> *Қатынас құруды басқарудың қайсыбір тетігі арқылы екі немесе одан көп пайдаланушыға қажетті ресурсты беру.* **Басқарылатын зымыран [ракета].** әск. *Автоматты түрде зымыранды нысанаға бағыттауға немесе кеңістікте белгілі бір траектория бойынша қозғалуға мүмкіндік беретін, арнаулы басқару аппаратурасымен жабдықталған зымырандар.* **Басқарылатын реактивті снаряд.** әск. *Ұшу барысында нысанаға бағытталғанға дейін арнаулы басқару аппаратурасымен басқарылатын реактивті снаряд.* **Басқарылатын сатылас маркетингілік жүйе.** экон. *Өндіріс пен бөлудің тізбекті кезеңдерінің қызметін бір иегерге ортақ тиесілілік негізінде емес, оның қатысушыларының бірінің ықпалдылығы негізінде үйлестірілетін сатылас маркетингілік жүйе.* **Басқарылатын снаряд.** әск. *Алдын ала берілген траектория бойынша арнаулы нысанаға жіберілетін ұшқышсыз аппарат.* **Басқарылатын станция.** *Доменді басқарылуы бар байланыс арқылы басқарылатын және бақыланатын станция.* **Басқарылмайтын зымыран.** әск. *Өз құрылысында басқару жүйесі болмайтын зымыран.* **Басқарылмайтын реактивті снаряд.** әск. *Траекториясы ауырлық күші мен аэродинамикалық күшке байланысты болатын, баллистикалық қисық деп аталатын сызықпен атылатын баллистикалық снаряд.*

**БАСҚАРЫЛУ** *Басқарыл етісітігінің қимыл атауы.*

**Басқарылу нормасы.** экон. *Қызметін бір басшы (бригадир, шебер, бөлім бастығы т.б.) басқаратын қызметкерлердің немесе құрылымдық бөлімшелердің оңтайлы саны.*

**БАСҚАРЫЛУШЫ** сын. *Басқарылатын, басқарылуға тиісті.*

**БАСҚАРЫП-ТӨСКЕР=** ет. *Өзі де қосыла ұйымдастырып, жетекшілік ету.*

**БАСҚАРЫП-ТӨСКЕРУ** *Басқарып-төскер етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚАРЫС=** ет. *Бір істі, шараны өткізуге атсалысу, жұмыла кірісу.*

**БАСҚАРЫСУ** *Басқарыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚАТЫРҒЫ** зат. *Арнайы тапсырмамен кісі өлтіруші.*

**БАСҚАША** үст. **1.** *Өзгеше, ерекше, бөлек.* **2.** *Бұрынғыдан бөлек.*

**Басқаша айтқанда [айтса].** *Басқа сөзбен білдіргенде.* **Басқаша сөйлесті.** сөйл. *Айтқанды, тапсырғанды, қойылған талапты орындамаған жағдайда мәселе басқаша болады, көресіңді көрсетемін деген қорқыту, қоқан-лоқы жасау мағынасында айтылатын сөз.*

**БАСҚАШАЛАУ** сын. *Өзгешелеу, бөтендеу.*

**БАСҚАШАЛЫҚ** зат. *Басқаша болушылық, өзгешелік, ерекшелік.*

**БАСҚАШАРАҚ** сын. *Өзгешерек, бөтенірек.*

**БАСҚОСУ** зат. **1.** *Ойын-сауық, тамаша, жиын-той.* **2.** қоғ. *Адамдар тобының, мемлекет басшыларының белгілі бір саяси, қоғамдық, тәрбиелік т.б. мақсат-мүдделерді көздеп, ірі проблемаларды шешу үшін ұйымдастыратын, өткізетін жиыны (форум, саммит, бейресми саммит).*

**БАСҚҰДЫҚ** зат. *Жер асты су қорының ең өнікті, ыңғайлы жерінен қазылған, суы мол құдықтың атауы, бастауқұдық.*

**БАСҚҰР[1]** зат. этн. *Туырлықтың кереге басына тиіп қажалмауы үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастыра таңатын, киіз үйдің ішіне сән беріп, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.* **2.** сәул. *Қыштан, кірпіштен соғылған гимараттың жоғарғы жағындағы көлденең бөлігі.*

**Басқұр алаша.** *Алашадан жасалған басқұр.*

**БАСҚҰРБАУ** зат. этн. *Киіз үйді тіккенде қолданылатын әртүрлі маталардан әшекейленіп жасалатын жіп, жабу, белдеулердің жалпылама атауы.*

**БАСҚҰРДАЙ** сын. *Басқұр сияқты, басқұр тәрізді.*

**БАСҚҰРТ** зат. *Малда болатын ауру, жара.*

**БАСҚЫ** сын. **1.** сөйл. *Алдыңғы, бірінші.* **2.** *Бас кездегі, бастапқы, алғашқы, әуелгі.*

**Басқы ағыс.** *Өзеннің жоғарғы жағы, бастау алатын жері.* **Басқы ақпарат.** инф. <headed informated> *Құжаттың атауы, кестенің басы және басқа қызметтік мәліметтері бар құжаттың бастапқы бөлігі.* **Басқы ат.** *Бәйгеде, жарыс та мәреге ең бірінші келіп жеткен ат, сәйгүлік.*

**БАСҚЫЗ=** ет. **1.** *Жүргізу, аяқ бастырту.* **2.** *Кітап, газет-журналды баспадан шығару.* **3.** ауыс. *Ілгері бастыру, дамыту.*

**БАСҚЫЗУ** *Басқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚЫЛА=** ет. *Қайта-қайта басу, басыңқырау.*

**БАСҚЫЛАУ** *Басқыла етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚЫН** зат. *Жаулап алушы, басып кіруші.*

**Басқын болды**. *Опыр-топыр қаптап, басып кетті.* **Басқын тапты.** *Табан тіреп, тұрақтау, тоқтау.*

**БАСҚЫНБАЛЫҚ** зат. зоол. *Негізінен Азов, Қара, Каспий және Жапон теңіздерінде кездесетін, массалары 7 кг-ға дейін, ұзындықтары 40-50 см болатын балықтар.*

**БАСҚЫНДАТ**= ет. *Борандату, дауылдату.*

**БАСҚЫНДАТУ** *Басқындат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСҚЫНДЫҚ** зат. *Басып кірушілік, шапқыншылық.*

**БАСҚЫНШЫ** зат. *Бір елдің жеріне қарулы күшпен басып кіруші, талаушы, тонаушы.*

**Басқыншы әскер.** әск. *Басқа мемлекеттің аумағын уақытша басып алушы және онда басқыншылық режимді жүзеге асырушы мемлекеттің әскерлері.* **Басқыншы қоржын.** экон. *Бағамдық құнының күрт көтерілуі күтіліп отырған бағалы қағаздар пакеті.*

**БАСҚЫНШЫЛЫҚ** зат. *Дербес мемлекеттің егемендігіне, аймақтық тұтастығына және саяси тәуелсіздігіне қарсы басқа бір мемлекеттің не мемлекетаралық әскери одақтастың қарулы күш қолдануы, өзге де өктемдік әрекетін жасауы.*

**БАСҚЫР**= ет. *Мифтік бейне атауларымен т.б. сөздермен тіркесіп, қарғыс мәнінде қолданылатын сөз.*

**БАСҚЫСЫЗ**: **аяқ басқысыз**. *Жүріп болмайтын, аяқ алғысыз.*

**БАСҚЫШ[1]** зат. **1.** *Жоғары көтерілу, төмен түсу үшін жасалған баспалдақ, саты.* **2.** *Көп қабатты үйлерде, гимараттарда жоғары қабатқа көтерілу үшін салынатын архитектуралық бөлік.* **3.** *Жүйенің белгілі бір дәрежесі, сатысы, кезеңі, деңгейі.*

**БАСҚЫШ[2]** зат. тех. *Қайсібір процесті басатын, күшін, уытын қайтарып, бәсеңдететін реагент не препарат.*

**БАСҚЫШ[3]** сын. *Баса беретін, үсті-үстіне баса салғыш.*

**БАСҚЫШТАП** үст. **1.** *Ақырындап, жылыстап.* **2.** ауыс. *Сатылап, бірте-бірте күрделене.* **3.** *Ақырындап, бірте-бірте баспалатып.*

**БАСҚЫШТЫ** сын. *Басқышы бар.*

**БАСМА** зат. *Тропиктік индигофер өсімдігінің кептірілген жапырағынан алынатын шаш бояйтын бояу.*

**БАСМАҢҚА** зат. саят. *Саят құстарында тұтін, шаң, сасық иістен пайда болатын ауру.*

**БАСМАШЫ** зат. тар. *Орта Азияны мен Ауғанстанда бұрынғы Кеңес өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген халық жасақшылары.*

**Басмашылар қозғалысы.** т а р . *Басмашылар құрамындағы халық жасақшыларының қарулы қарсылығы.*

**БАСМАШЫЛЫҚ** з а т . т а р . *Басмашы болушылық, басмашылар қозғалысына қатысушылық.*

**БАСМИЯ** з а т . б о т . <лат. glycyrrhiza echinata> *Бұршақ тұқымдасына, мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БАСМЫЛ** з а т . т а р . *Солтүстік Алтайды мекендеген көне түркі тайпасы.*

**БАСПА**[1] з а т . **1.** *Баспа өнімдерін дайындап шығаратын мекеме.* **2.** и н ф . *Мәліметтерді баспа құрылғысына шығару және листинг (қағазға басылған бағдарлама мәтіні) алу.* **3.** *Баспа өнімдерін дайындап шығаратын мекемедегі адамдар, редакция алқасы.*

**Баспа беті [жүзі].** *Газет-журнал, басылымдар.* **Баспа бетін көрді [жүзіне шықты].** *Басылып шықты, жарық көрді.* **Баспаға шығару кезегі.** и н ф . *Баспа құрылғысына жіберілген файлдар тізбегі.* **Баспа диспетчері.** и н ф . *Windows 3.x жүйесінде принтердің жұмыс тәртібін басқаратын бағдарлама.* **Баспа кітап.** *Басылып шыққан кітап.* **Баспа қалыбы.** п о л и г р . *Көп рет ізтаңба алуға арналған мәтіндік және кескіндемелік қалып.* **Баспа құлақ.** *Бірнеше гектар жерді суаратын үлкен арық.* **Баспа құрылғысы.** *Басып шығара білетін барлық аппараттық құрылғыға қатысты ұғым.* **Баспа құрылғысының драйвері.** и н ф . *Есептеу машинасы мен баспа құрылғысының әрекеттестігін басқаратын бағдарлама.* **Баспа мәшинесі.** *Баспа қалыбынан мәтіннің, әртүрлі суреттің ізтаңбаларын көп рет қайталап алуға арналған полиграфиялық мәшине.* **Баспа сервері.** и н ф . а ) *Бірге қолдануға арналған орталық баспа құрылғысына қатынас құруға мүмкіндік беретін есептеу мәшинесі немесе бағдарлама.* ә ) *Негізгі қызметі бір немесе бірнеше принтерді басқаруға арналған желідегі компьютер.* **Баспа табақ.** *Баспа ісі мен полиграфия өндірісінде қолданылатын мәтін көлеміне қатысты өлшем бірлік.* **Баспа төреледі.** *Ентелеп бой бермеді.*

**БАСПА**[2] з а т . м е д . <лат. angina> *Дауысты қарлықтырып, жұтындырмай ауыртатын тамақ ауруы (ангина).*

**БАСПА**[3] з а т . ж е р г . *Төбесі ғана жабылған, жан-жағы ашық жай, орын.*

**БАСПА**[4] з а т . *Үйдің немесе басқа да жиһаздың есігін бекітетін, жауып тұратын тиек, ілмек.*

**Баспа құрылғы.** т е х . *Есептеу техникасында есептеуіш мәшинеден алынған қорытынды мәтіндерді цифр не әріп түрінде қағаз бетіне жазып отыратын құрылғы.* **Баспа қылып қарады.** *Сығалап, жасырынып, бұқпантайлап қарады.* **Баспа тақтай.** с ө й л . *Арықтан, судан өту үшін салынған зат, өткел.* **Баспа шекпен.** *Оқалап тігілген сырт киім түрі.*

**БАСПА**[5] з а т . э т н . т а м а қ . **Баспа құрт.**

**Баспа құрт.** т а м а қ . э т н . *Қолдан домалақтаған жұмыр пішінді, тұз сіңген құрт.*

**БАСПА–БАС**[1] ү с т . *Бір затты екінші бір затқа ешқандай үстемесіз айырбастау.*

**Баспа-бас айырбас.** э к о н . <лат. barter> *Өнімдер, жұмыстар, қызмет түрлері тараптар арасында ақшалай төлем жасалмай айырбас талатын сауда мәмілесі.* **Баспа-бас айырбас тау мәмілесі.** э к о н . *Тауарларды, қызметтерді құны бойынша теңдестірілген, баламалы тікелей айырбастау операциясы.*

**БАСПАГЕР** з а т . *Баспа орындарында жұмыс істейтін қызметкер, кітап, газет, журнал шығарушы адам.*

**БАСПАДАЙ** с ы н . *Баспа сияқты, баспадан шыққандай.*

**БАСПАҚ**[1] з а т . *Күзден бастап енесін емуден қалған, алты айдан бір жасқа дейінгі марқайған бұзау, торпақ.*

**Баспақ, тана жиылып фәни болған заман.** б е й н . п о э т . *Жастар қыршын кетіп қалған сұрапыл соғыс кезеңі, аласапыран жылдар мағынасында.*

**БАСПАҚ**[2] з а т . *Ірі қараның бас терісінен жасалған тұз салатын ыдыс.*

**БАСПАҚ**[3] з а т . *Қой мен ешкінің мұрны бітіп ауыратын ауру түрі.*

**БАСПАҚТАЙ** с ы н . **1.** *Баспақ тәрізді, баспақ сияқты.* **2.** а у ы с . *Үлкен, добалдай.*

**БАСПАҚШЫЛ** с ы н . *Көнгіш, мойынсұнғыш, көнімпаз.*

**БАСПАҚЫЛ** с ы н . *Алды-артын ойлап, аңысын аңдап жүретін, құлау.*

**БАСПАЛА=** е т . **1.** *Бір нәрсені қалқалап жасырынып, бұғып ақырындап барып қарау.* **2.** а у ы с . *Бақылау, аңысын аңдау.*

**БАСПАЛАС=** е т . *Бірнеше адамның бірлесе жасырынып, ақырын байқап, қарауы, бақылап тұруы.*

**БАСПАЛАСУ** *Баспалас етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛАТ=** е т . **1.** *Артына түсу, ізін қуу.* **2.** *Үсті-үстіне бастырмалату, төпелеу.*

**БАСПАЛАТУ** *Баспалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛАУ** *Баспала етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛДАҚ**[1] з а т . **1.** *Едені биік үйге кіріп-шығу немесе өрге шығып, түсу үшін және т.б. үшін жасалатын орнықты басқыш, саты.* **2.** с ә у л . *Ғимараттарда, құрылыстарда және т.б. орындарда шығып-түсуге арналған бірнеше сатылы, орнықты басқыш түріндегі құрылыс.* **3.** *Ағаш, темір және т.б. материалдан жасалып, биікке шығып-түсуге арналған қозғалмалы басқыш.* **4.** т е х . *Автобус, троллейбус сияқты көліктерге мінуге арналған саты түріндегі жабдығы.* **5.** а у ы с . п о э т . *Өмір асулары, кезеңдері, сәттері.* **6.** а у ы с . *Тұғыр, биіктік.* **7.** а у ы с . *Даму кезеңдері.*

**БАСПАЛДАҚ**[2] з а т . *Мылтықтың, қарудың тұтқасы.*

**БАСПАЛДАҚСЫЗ** с ы н . *Баспалдағы жоқ, басқышсыз.*

**БАСПАЛДАҚТА=** е т . **1.** *Сатылап көтерілу, басқыштап түсу.* **2.** а у ы с . *Сатылау, біртіндеу.*

**БАСПАЛДАҚТАЙ** с ы н . **1.** *Баспалдақ сияқты, баспалдақ тәрізді.* **2.** а у ы с . *Тіке жолдай, өткелдей, салынған даңғылдай.*

**БАСПАЛДАҚТАТ=** е т . *Бірінің үстіне бірін шығару, жоғарылату.*

**БАСПАЛДАҚТАТУ** *Баспалдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛДАҚТАУ** *Баспалдақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛДАҚТЫ** с ы н . *Баспалдағы бар, көп басқышты, сатылы.*

**БАСПАЛДАҚША** ү с т . *Баспалдаққа ұқсап.*

**БАСПАЛДАТ=** е т . с ө й л . ***Баспалат.***

**БАСПАЛДАТУ** *Баспалдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАЛДЫ** з а т . ж е р г . *Басыбалды (ерте пісетін сарғылт түсті, қабығы жұқа, тәтті қауын).*

**БАСПАЛЫ** с ы н . м у з . *Баспасы бар.*

**Баспалы желді қара көрік.** б е й н . *Ұстаның ісін алға бастырар дүкеніндегі мықты жел үрлеуішіндей тас көңілдіерітіп, елжіретіп әкететін жан деген мағынада.*

**БАСПАЛЫҚ** с ы н . *Баспаға, баспа өнімдеріне, оны шығару ісіне қатысты.*

**Баспалық бастиек.** *Мәтінді немесе сызбаны қағазға басып шығару үшін қолданылатын негізгі тетік.* **Баспалық корректура.** б а с п а . *Автордың, редактор мен техникалық редактордың түзету-жөндеулері.*

**БАСПАНА** з а т . **1.** *Жер үй, киіз үй, пәтер т.б. сияқты адам тұратын үй-жай.* **2.** с ә у л . *Адамдардың тұрақты немесе уақытша тұруына арналған орын, тұрғын үй сияқты басқа да архитектуралық құрылыс, үймерет.* **3.** *Табиғи апаттан, жаппай қырып-жоятын соғыс қаруы қаупінен уақытша бас сауғалайтын орын, жер.* **4.** *Уақытша тұруға арналған жеңіл үй, лашық, күрке.* **5.** а у ы с . *Дала, ауыл, тұрақ мағынасында.* **6.** а у ы с . *Қамқоршы жан, тірек; түсіністікпен қарап, аялайтын адам, орта.*

**Баспана етті.** *Уақытша үй етіп тұрды, бас сауғалады.* **Баспана тұрғызды.** *Үй салды.*

**БАСПАНАДАЙ** с ы н . *Баспана сияқты.*

**БАСПАНАЛА=** е т . *Қауіп-қатерден бой тасалану, сақтану, тығыла тұру, орналасу.*

**БАСПАНАЛАТ=** е т . *Біреуді үйіне қондырып, уақытша тұрғызу.*

**БАСПАНАЛАТУ** *Баспаналат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАНАЛАУ** *Баспанала етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАНАЛЫ** с ы н . *Тұратын үйі, орнықты жекеменшік үйі бар.*

**Баспаналы болу.** *Үйлі-жайлы болу, жекеменшік үй, пәтер алу, ие болу.*

**БАСПАНАСЫЗ** с ы н . **1.** *Тұратын үйі жоқ, үйсіз-күйсіз.* **2.** а у ы с . *Тұрлаусыз, тұрақсыз, отырықшы, орнықты емес.*

**Баспанасыз қалды.** *Үйінен, тұрып жатқан үй-жайынан айырылды.*

**БАСПАНАСЫЗДЫҚ** з а т . *Баспанасыз болушылық, баспанасы болмаушылық.*

**БАСПАСӨЗ** з а т . **1.** <франц. presse> *Газет, журнал және т.б. әр кезең сайын шығып тұратын бұқаралық мерзімді басылым жиынтығы.* **2.** *Баспа өнімдерінің жалпы атауы.* **3.** а у ы с . *Қандай да бір жеке мерзімді басылым.*

**Баспасөз атташе.** д и п л . <франц. presse-attache> *Баспасөз мәселесі жөніндегі елшілік өкіметтілігінің қызметкері.* **Баспасөз беті.** *Газет, журнал т.б. сияқты жарыққа шығарылған мерзімді басылым өнімі.* **Баспасөз бостандығы.** з а ң . *Мемлекеттегі конституция кепілдік беретін адам құқықтары мен бостандықтарының бірі.* **Баспасөзге шолу.** *Билік немесе ресми, бейресми ұйымдар тарапынан бұқаралық сипаттағы мерзімді басылымдарға басшылық етудің тиімді тәсілі ретіндегі публицистикалық жанрдың бірі.* **Баспасөз жанрлары.** *Баспасөз материалдарының мазмұнына, сипатына қарай бөлінетін түрлері.* **Баспасөз клубы.** *Журналистерді қажетті ақпаратпен жедел түрде қамтамасыз етуді ұйымдастыратын бейресми ұйым.* **Баспасөз құралдары.** қ о ғ . - ә л е у м . *Бұқаралық ақпарат таратушы басылымдар мен баспа өнімдері.* **Баспасөз қызметі.** а ) *Мерзімді баспасөз материалдары бойынша ақпарат жинаушы және ендіруші бөлім.* ә ) *Газет, журналдардағы қызмет, баспасөз ісі.* **Баспасөз мәслихаты.** *Мемлекет қайраткерлерінің, саясатшылардың, атақты өнер адамдарының журналистермен өткізетін арнайы кездесуі (пресс-конференция).* **Баспасөз органы.** т а р . *Газет, журнал шығаратын ұйым, мекеме.* **Баспасөз парағы.** *Журналистерге арнайы дайындалатын белгілі бір шара туралы қысқаша мәлімет.* **Баспасөз пәрмеңділігі.** с а я с и . *Жалпыхалықтық сипаттағы сайлау,*

*референдум, олимпиада, фестиваль, т.б. мәдени, спорт шараларын өткізу барысында (қарсаңында ) баспасөзге артылатын міндет (жүк).* **Баспасөз тілі.** лингв. *Көпшілікке арналған мерзімді басылымдардың өзіндік құралдары мен тілдік ерекшеліктері арқылы айқындалатын стильдік қолданысы.* **Баспасөз хабаршысы.** <франц. presse release> *Үлкен [беделді] ұйымдар мен мекемелерде, министрліктерде өткізілетін бұқаралық сипаттағы маңызды мәжіліс, жиналыстар, ондағы іс-шаралардың сипаты, мақсаты т.б. туралы қысқаша мәлімет жазылған, өкілетті мекеме, бөлімшелерге, лауазымды адамдарға алдын ала таратылатын хабарлама (қағаз, құжат).* **Баспасөз хатшысы.** қоғ.-әлеум. *Қандай да бір ресми органның немесе мелекеттік қайраткерлердің өзіндік тұғырын түсіндіріп тарататын өкілетті тұлға.*

**БАСПАСӨЗДІК** сын. *Баспасөзге қатысты.*

**БАСПАТӨРЕЛЕ=** ет. *Бастырмалату, баспалату, баса-көктеу.*

**БАСПАТӨРЕЛЕУ** *Баспатөреле етістігінің қимыл атауы.*

**БАСПАТӨРЕЛІК** зат. *Бұзып-жарушылық, ай-шайға қарамаушылық, еш нәрсемен есептеспеушілік.*

**Баспатөрелік жасау.** *Еш нәрсемен есептеспеу, бұзып-жару, ай-шайға қарамау.*

**БАСПАХАНА** зат. <грек. typos-таңба, із, grapho-жазамын> *Кітап, газет, журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.*

**БАСПАХАНАЛЫҚ** сын. *Баспаханаға қатысты.*

**Баспаханалық корректура.** баспа. *Теру, беттеу, қалыптаудың барлық сатыларындағы терімдік қателерді жөндеу жұмыстары.*

**БАСПАХАНАШЫ** зат. тар. *Баспахана қожасы, иесі.*

**БАСПАШЫ**[1] зат. *Баспа өнімін шығарушы.*

**БАСПАШЫ**[2] зат. сөйл. ***Басмашы.***

**БАССАУҒА** зат. *Бас амандығы, жанының қалуы.*

**Бассауға құқы**. *Саяси, діни және басқа себептермен қуғын көрген адамның әлдебір мемлекеттен пана тілеп өтіну еркі.* **Бассауға қылды**. *Жанын сақтау үшін қашты,бассауғалады.* **Бассауға сұрады.** *Араша сұрады, қорғауын, бас амандығын тілеп, өтініш жасады.*

**БАССАУҒАЛА=** ет. **1.** *Қашқалақтап қорғаныш іздеу, басын қорғау.* **2.** саяси. *Жеке тұлғаның саяси, діни, әлеуметтік, ғылыми т.б. көзқарастары үшін мемлекет тарапынан қуғындалып, өзге елден немесе халықаралық ұйымдардан пана сұрауы.*

**БАССАУҒАЛАУ** *Бассауғала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қашқалақтап қорғаныш іздеу, басын қорғау.* **2.** псих. *Адамның қиын, ауыр жағдайын, жеке басын қорғап қалу жолындағы әрекеті.*

**БАССЕЙН** [франц. bassin] зат. **1.** ***Хауыз.*** *(жасанды су қоймасы).* **2.** геол. *Белгілі бір пайдалы қазба өндірілетін жер.*

**БАС-СИРАҚ** зат. *Сойылған малдың басы мен сирағы.*

**БАССҮЙЕКСІЗДЕР** зоол. зат. <лат. acrania> *Төменгі сатыдағы желіліер (хордалылар) типінің бір тармағына жататын ұсақ жәндіктер.*

**БАССҮЙЕКТІЛЕР** зоол. зат. сөйл. ***Омыртқалылар***.

**БАССЫЗ** сын. **1.** *Басы жоқ.* **2.** *Басшысыз, қамқоры жоқ, бас көтерері жоқ.* **3.** ауыс. *Ақылы жоқ, мисыз, ақымақ.*

**БАССЫЗДЫҚ** зат. *Өз бетімен кеткендік, көргенсіздік, жүгенсіздік.*

**Бассыздық істеді.** *Сорақылық жасады, өрескел қылық көрсетті, жүгенсіздік танытты.*

**БАСТА** үст. сөйл. *Әуелде, алғаш.*

**БАСТА=** ет. **1.** *Соңына ерту, басшылық ету.* **2.** *Бір істің жүзеге асуына қиындық болу, істі қозғалысқа түсіру, ілгері жылжыту.* **3.** ауыс. *Шақыру, жетелеу, жеткізу.* **4.** *Бір нәрсені ұйымдастырып, ашып беру.* **5.** *Бір іске кірісу, қолға алу.* **6.** *Белгілі бір іс-әрекеттің басталу шегін білдіретін көмекші етістік.*

**БАСТАБЫНДА** үст. сөйл. *Басында, бастапқыда.*

**БАСТАҚ** сын. *Бөгде, бөтен, өзге.*

**БАСТАЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің іске қосылуы, шараның қолға алынуы.* **2.** *Оқиға, іс-шара немесе салтанатты рәсімдердің немесе т.б. алғашқы сәтінің өтуі.* **3.** *Үздіксіз процестің немесе табиғат құбылыстарының алғашқы шегінің, бастапқы кезеңінің өтуі.* **4.** *Қандай да бір көңіл-күйдің немесе жағдайдың қалыптасуы.* **5.** ауыс. *Алдында тұру, бастап тұру.*

**БАСТАЛАС** зат. *Дау-дамай, өршіген жанжал, кек.*

**БАСТАЛАСТЫҚ** зат. *Басталас болушылық.*

**БАСТАЛУ** *Бастал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шараның іске қосылуы, қолға алынуы.* **2.** *Процестің немесе табиғат құбылыстарының алғашқы кезеңінің өтуі.*

**БАСТАМА**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің, істің басы, ең алғашқы ұйытқысы.* **2.** *Әдеби немесе музыкалық шығарманың басы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің бастауы, қайнар көзі, түп-тамыры, негізі.*

**Бастама көтерді.** *Жаңалыққа басшы, мұрындық болды, жаңа іске ұндеді.* **Бастама топ.** *Алғашқы құрылған ұйымдастыру тобы.*

**БАСТАМА**[2]**: бастама мәсі.** *Ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген мәсі.*

**БАСТАМАЛЫ: бастамалы етік**. *Ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген етік.*

**БАСТАМАШЫ** зат. *Бір істің бастаушысы, ұйтқысы.*

**БАСТАМАШЫЛ** сын. *Жаңалыққа құмар, жаңалықты қолдаушы, ұйымдастырғыш, бір нәрсені жаңадан қолға алғыш.*

**БАСТАМАШЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Бастамашыл болушылық.* **2.** псих. <франц. initiative> *Іс-әрекеттің жаңа түріне ішкі түрткі, қандай да бір іске бастаушылық рөл.*

**БАСТАМАШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Іс-әрекеттегі алғашқылық, біріншілік.* **2.** *Белсенділік, бір нәрсені бастауға ынталы болушылық.*

**БАСТАН**[1] зат. ***Бастаңғы.***

**БАСТАН**[2] үст. *Бас кезінен, бастапқы мезгілден, әуелден.*

**БАСТАН=** ет. **1.** *Өсімдіктің бас байлауы.* **2.** *Бір нәрсенің басы сияқтану.*

**БАСТАН-АЯҚ** үст. **1.** *Баскиімінен бастап аяқкиімге дейін, үсті-басы.* **2.** *Алғашқы жолдарынан бастап соңына дейін.* **3.** ауыс. *Бәрін түп-түгел, бүге-шігесіне дейін, түк қалдырмай.* **4.** ауыс. *Мән-жайды жасырмай, тәптіштеп.*

**БАСТАНДЫР=** ет. *Жастарды жиып, бас таңғы жасау.*

**БАСТАНДЫРУ** *Бастандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТАНУ** *Бастан етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТАНШЫЛ** сын. *Бастаңғы ұйымдастырғыш, бастаңғышыл.*

**БАСТАҢҒЫ** зат. этн. *Үлкендер жол жүріп кеткенде қалған қыз-келіншектердің бас қосып тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы.*

**БАСТАҢҒЫЛАС** сын. *Бір бастаңғыда болған, сырлас.*

**БАСТАПҚЫ** сын. *Әуелгі, алғашқы, алдыңғы.*

**Бастапқы баға.** экон. *Бұрынғы, алғашқы, әуелгі баға.* **Бастапқы бет.** инф. *Сервермен байланыс жасаған кезде онда орналасқан кез келген мәліметтің ең алғашқы, яғни бірінші беті.* **Бастапқы деңгей.** *Алғашқы, бірінші саты, алғашқы кезек.* **Бастапқы жағдай.** әск. *Шабуылдау үшін бастапқы ауданда жауынгерлік міндетті шешуге арналған әскерлерге тәуелді жағдай.* **Бастапқы жазба.** инф. <ағыл. source record> *Қолданбалы бағдарламада берілген мәліметтер ретінде қолданылатын файл жазбасы.* **Бастапқы жүктеу.** инф. *Құрылғының берілген жағдайда өздігінен өтуіне мүмкіндік беретін процедура, операциялық жүйенің бастапқы бөлігін жүктеу процедурасы.* **Бастапқы кез.** *Алғашында, алғашқы уақыт.* **Бастапқы кезең.** *Алдыңғы кезең, әуелгі шақ.* **Бастапқы қалып.** *Бұрынғы қалып, алдыңғы тұрпат.* **Бастапқы құн.** экон. *Негізгі құрал-жабдықты сату мен сатып алуға жұмсалған шығындардың, қорларды тиісті жеріне жеткізу және құрастыру шығындарының нақты сомасынан құралатын құн.* **Бастапқы позиция.** *Ұрыстық реттердің жасырын орналасуын және олардың алға тез жылжуын қамтамасыз ететін жаяу әскерлер, танктер мен өздігінен жүретін артиллериялық, қондырғылар үшін бастапқы ауданда жасалатын позиция.* **Бастапқы файл.** инф. <ағыл. source file> *Алғашқы бағдарлама жазылып сақталған негізгі мәтіндік файл.*

**БАСТАПҚЫДА** үст. *Әуелде, басында.*

**БАСТАПҚЫДАЙ** сын. *Бастапқы кездегідей, әуелгідей, алғашқыдай.*

**БАСТАРД** зат. зоол. *Алыс будан; алыс туысты жануарларды өзара будандастыру нәтижесінде алынатын ұрпақтың жалпы атауы.*

**БАСТАС**[1] сын. *Сырлас, мұңдас, қатар өскен құрбы.*

**БАСТАС**[2] сын. *Көршілес, қоңсылас.*

**БАСТАС=** ет. *Бір істі бастауға көмектесу, бірлесе бастау.*

**БАСТАСТЫҚ** зат. *Бастас болушылық.*

**БАСТАСУ** *Бастас етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТАСЫ** зат. *Сырлас, мұңдас, қатар өсен құрбы.*

**БАСТАТ=** ет. **1.** *Бір істі біреу арқылы қолға алдыру, бір нәрсеге өзге адамды кірістіру.* **2.** *Бірінші жүргізу, алға түсіру.*

**БАСТАТТЫР=** ет. *Бір шараны екінші адам арқылы үшінші адамның қолына алдыру, соны іске кірістіру.*

**БАСТАТТЫРУ** *Бастаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТАТУ** *Бастат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТАУ**[1] зат. **1.** *Бұлақ, өзен суының басталатын жері, көзі, тұма.* **2.** ауыс. *Бір істің басы, алғашқы сәті, бастау алған жері.*

**Бастау алды [алу].** *Басталды, шықты.* **Бастау алады**. *Шығады, басталады.* **Бастау көзі.** *Басталған жері, шыққан тегі.*

**БАСТАУ**[2] зат. сөйл. ***Бастауыш.***

**БАСТАУ**[3] *Баста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Істі бірінші жасау, бір нәрсеге бірінші кірісу.* **2.** *Жетекшілік ету, басшылық жасау.* **3.** *Күрделі етістіктің құрамында келіп, белгілі іс-әрекеттің, процестің енді жүре бастағанын, енді жүзеге аса бастағанын білдіреді.*

**БАСТАУДАЙ** сын. *Бастау сияқты.*

**БАСТАУЛЫ** сын. *Бастауы бар.*

**БАСТАУСЫЗ** сын. **1.** *Басталмаған, қолға алынбаған, бастапқы қалпында.* **2.** *Пайдаланылмаған, қолданылмаған.*

**БАСТАУХАТ** зат. *Көне қолжазбалар, жазба ескерткіштер, тарихи құжаттар.*

**БАСТАУШЫ** зат. **1.** *Жетекшілік, басшы-*

*лық етуші.* **2.** *Бір нәрсенің ұйымдастырушысы, ұйытқысы.* **3.** *Бағыт сілтеуші, жол көрсетуші.*

**БАСТАУШЫЛЫҚ** зат. *Белгілі бір процесті бастап беруші.*

**БАСТАУЫШ**[1] сын. *Кіші, төмен, алғашқы.*

**Бастауыш білім.** пед. *Білім беру жүйесінің алғашқы сатысында меңгерілетін дағды мен ұғымдардың, алғашқы білімнің жиынтық атауы.* **Бастауыш мектеп.** пед. *Мектептің ең төменгі, төрт сыныптан тұратын алғашқы сатысы.* **Бастауыш мектеп жасы.** пед. *Баланың бастауыш мектепте оқу кезеңіне сәйкес жасы.* **Бастауыш сынып.** пед. *Орта мектептің алғашқы төрт жылдық мектебіндегі сынып.*

**БАСТАУЫШ**[2] зат. лингв. *Кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі.*

**БАСТАУЫШСЫЗ** сын. линг. *Бастауышы жоқ.*

**БАСТАУЫШТЫҚ** сын. *Бастауышқа тән, соған қатысты.*

**БАСТИЕК** зат. инф. <ағыл. head> *Айналып тұрған магниттік диск бетіне мәлімет жазу, оқу тетігі.*

**БАСТИОН** [франц. bastion] зат. сәулет. **1.** *Бұрыштық, әдетте, бесбұрыштық қалыптағы қорғаныстық мақсаттағы құрылыс. Қайта өрлеу дәуірінде оқ ататын қарудың пайда болуына байланысты қамалдарда салынған.*

**БАСТОҒАН** зат. сушар. **1.** *Шаруашылық және тұрмыстық қажеттілікті қанағаттандыру үшін су қоймасынан немесе ағынды сулардан алынған су.* **2.** *Суды ашық су қоймаларынан, ағын сулардан немесе жерасты көздерінен алу, оны қажетті деңгейге көтеру, деңгейін реттеу, тасқын суларды қабылдап су жүргізілетін шарттарға жеткізіп пайдалану үшін салынған қажетті гидротехникалық кешенді ғимараттар мен жабдықтар.*

**БАСТОҒЫЗ** зат. этн. *Қазақ халқының дәстүрінде кәдеге берілетін тоғыз түрден тұратын тарту, сыйлық (сый-сияпат).*

**БАСТЫ**[1] сын. **1.** *Ең негізгі, маңызды, шешуші.* **2.** *Көрнекті, атақты. // Басшы, билеуші.*

**Басты адам**. *Көшбасшы болатындай, ел басқаруға жарайтын тұлға.* **Басты жасақ.** *Авангардтан бөлінген жорық күзету органы.* **Басты кейіпкер.** әдеб. *Белгілі бір көркем туындының негізі, бірінші кейіпкері.* **Басты кірпішөп.** өс. <лат. echinaria capitata> *Астық тұқымдасына жататын биіктігі 5-25 см, сабағы түбінен бұталанған, жапырақ қынабы тықыр, гүлшоғыры домалақбас болып келетін кірпішөптің түрі.* **Басты кісілер.** *Ел тізгінін ұстаған, көптің тағдырына қатысты мәселелерді шешуге қатысатын негізгі адамдар; Беделді, жасы үлкен кісілер, ақсақалдар.* **Басты құжат.** инф. <ағыл. Host dokument> *Word бағдарламасында бірнеше жеке файлдарды біріктіретін мүмкіндік.* **Басты назар.** *Негізгі назар, бар мақсат, барлық күші, күш-қуат.* **Басты соққы.** *Операцияда (ұрыста) қойылған тапсырманы орындауда және қарсыласты жою да шешуші мәні бар, таңдалған бағыттағы әскер күштері топтастығының соққысы.* **Басты тұлға.** *Негізгі күш, таяныш.* **Басты шайқас.** *Соғушы жақтардың негізгі күштерінің қарулы қақтығысы.*

**БАСТЫ**[2] сын. **1.** *Дәні толық, ірі.* **2.** *Баласы көп отбасы.* **3.** ауыс. *Ақылды, ойлы (адам).* **4.** *Басы бар.*

**БАСТЫ-БАСТЫ** сын. *Негізгі-негізгі, көрнекті-көрнекті.*

**БАСТЫҒУ** *Бастық етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫҒЫРЛА=** ет. сөйл. *Үсті-үстіне төпелеп жату; бірін-бірі тыңдамай сөйлеу.*

**БАСТЫҒЫРЫЛ=** ет. **1.** *Жайсыз ұйықтап жатқан адамның тұншығып, қырылдап дыбыс шығаруы.* **2.** *Үйме-жүйме боп, бірінің үстіне бірі шығып кету.*

**БАСТЫҚ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір мекемені басқаратын немесе меңгеретін лауазымды тұлға.* **2.** жағымсыз. *Бастаушы, жетекші, ұйымдастырушы.*

**БАСТЫҚ**[2]**=** ет. **1.** *Бір нәрсеге көндігу, төселу, жаттығу.* **2.** *Арыны қайту, жөнге келу.*

**БАСТЫҚСЫЗ** сын. *Бастығы жоқ.*

**БАСТЫҚСЫМАҚ** зат. эксп. *Бастық болушылықты қомсыну, кекету мәнінде қолданылатын сөз.*

**БАСТЫҚСЫН=** ет. *Бастық болғансу, билікке мастану, кеудесін орынсыз көтеру.*

**БАСТЫҚСЫНУ** *Бастықсын етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫҚТЫҚ** зат. *Бастық болушылық, бастық екендік.*

**БАСТЫҚТЫР=** ет. **1.** *Біреуді айтқанына көндіру.* **2.** *Асау атты (жануарды, малды) жуасыту, қолға үйрету.*

**БАСТЫҚТЫРУ** *Бастықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫР**[1]**=** ет. **1.** *Аяғын жүргізу, адымдату.* **2.** ауыс. *Жолату, аттату, аяғын тигізу.*

**БАСТЫР**[2]**=** ет. **1.** *Бір нәрсемен, бір нәрсе арқылы басу.* **2.** *Бір нәрсемен жабу, көлегейлеу.* **3.** *Бір нәрсенің үстінен сызу, сызықпен қосу.* **4.** егіншар. *Орылған, жиналған егіннің дәнін сабағынан ажырату үшін молотилкадан өткізіп алу.* **5.** *Бір нәрсеге жапсырып тігу, тағу.* **6.** *Кітап, газет-журналдарды баспадан шығару.* **7.** ауыс. *Бір елдің иелігіндегі жерге әскерді күшпен алып кіру.*

**Бастыра суырмалау.** сушар. *Суару телімінің бетін айтарлықтай ұзақ уақытқа суға батыратын суармалау тәсілі; жерүсті суармалауының бір түрі.*

**БАСТЫРҒЫ** зат. ***Бастырық*** **1.** *Басып тұратын салмақты нәрсе, бастырық.* **2.** *Әшекей бұйымдардың бетіне салынған, құйылған бедерлер.*

**БАСТЫРМА**[1] зат. *Төбесі жабық, жанжағын ашық етіп жасаған жай, лапас.*

**БАСТЫРМА**[2] зат. сөйл. *Мылтықтың шүріппесі.*

**БАСТЫРМА**[3] зат. қолөнер. **1.** *Көйлекке, камзолға түйме орнына қадайтын қапсырма, омырау бастырғыш.* **2.** *Үй бұйымдарының, ердің т.б. бетіне салынатын әшекейлі өрнек, бедер. // Түрлі-түсті матадан қиып кестелеп жапсыру немесе бояулы қағаздан жасалған оюларды желімдеу арқылы ажарлаудың бір түрі, аппликация.*

**Бастырма құр.** қолөнер. *Әшекей салынған құр.*

**БАСТЫРМА**[4] зат. геол. *Жыртылу жігінің көлбеу бағытқа сәйкес келуімен (еңістену бұрышы* $45^0$*-тан аз) сипатталатын, аспалы беткейі жатаған беткейді көлбей көмкерген жыртылып-айырылу құрылымы.*

**БАСТЫРМАЛА=** ет. **1.** *Үсті-үстіне ес жиғызбай төпелеу, тез-тез жүру, киіп-жару.*

**БАСТЫРМАЛАТ=** ет. **1.** *Үсті-үстіне, тоқтамай төпелету.* **2.** *Тоқтаусыз тез-тез сөйлеу, үсті-үстіне, үздіксіз айту, екінші адамның сөйлеуіне мұрша бермеу.*

**БАСТЫРМАЛАТУ** *Бастырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫРМАЛАУ** *Бастырмала етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫРМАЛЫ** сын. *Бастырмасы бар, бастырма салынған.*

**БАСТЫРТ=** ет. **1.** *Кітап, газет-журналды, жазылған нәрселерді баспадан шығарту.* **2.** *Белгілету, қойғызу, жапсырту, таңбасын алу.* **3.** *Бір нәрсенің үстін салмақпен басу, бекіттіру.*

**БАСТЫРТУ** *Бастырт етістігінің қимыл атауы; жаздыру.*

**БАСТЫРУ** *Бастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажырату.* **2.** *Бір нәрсеге жапсырып тігу, тағу.* **3.** *Жазылған шығарманы баспадан шығару.*

**БАСТЫРУШЫ** зат. *Кітап, газет-журнал бастыратын баспа қызметкері.*

**БАСТЫРЫҚ** зат. **1.** *Арбаға, шанаға шөп, отын тиеген кезде ауып кетпес үшін үстінен бастыра байлайтын ұзын сырық, сырғауыл.* **2.** *Қақпа, есікті жабу үшін ілгек темірге көлденең өткізілетін ағаш.* **3.** *Сүйекті түзетін құрал.* **4.** ауыс. *Ұстайтын, сабасына түсіретін, уысында ұстап, басқаратын адам.*

**БАСТЫРЫҚТА=** ет. *Бастырық қою, бастырық салып байлау.*

**БАСТЫРЫҚТАУ** *Бастырықта етістігінің қимыл атауы.*

**БАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Бастырылу, тапталу.* **2.** *Нығыздалу, жаншылу, бекітілу.* **3.** ауыс. *Қарқылу, қиылу.* **4.** полигр. *Жазылған шығарманың баспадан шығарылуы.* **5.** муз. *Күйтабаққа, таспаға жазылу.* **6.** егіншар. *Орылған егін дәнінің сабағынан ажыратылуы.* **7.** қолөнер. *Сырмақ, түскиізге т.б. түрлі ою-өрнектердің жапсырылуы, салынуы.* **8.** сөйл. ***Бастығырылу.*** **9.** ауыс. *Еңсесі түсу, көңілі бәсеңдеу, ұнжырғасы түсу.*

**БАСТЫРЫЛУ** *Бастырыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жабылу.* **2.** *Орылған егін дәнінің сабағынан ажыратылуы.*

**БАСТЫРЫЛЫҚ=** ет. сөйл. ***Бастығырыл.***

**БАСТЫРЫМ** зат. егіншар. *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажыратып бастырып қоятын мезгіл.*

**БАСТЫРЫС=** ет. *Орылған, жиналған егіннің дәнін сабағынан ажырату.*

**БАСТЫРЫСУ** *Бастырыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАСУ**[1] *Бас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аттау, адымдау, жүру.* **2.** *Бір нәрсенің үстін жабу.* **3.** *Тарту, жапсыру, қою, таңу.* **4.** *Күшпен жеңу, бағындыру, тойтару.* **5.** *Бір нәрсенің күшін, уытын қайтару, бәсеңдету.* **6.** *Кітапты, газет-журналды баспаден шығару.* **7.** ауыс. *Тоқтату, өршітпеу.*

**Басу әрекетіне негізделген инженерлік мина.** әск. *Үстінен шынжыр табан танк, автомобиль, БТР дөңгелегімен т.б. өткенде немесе адам аяғымен басқанда жарылатын мина.* **Басу құрылғысы.** инф. *Құрылғы әліпбиінің баспа символдары ретінде мәліметтерді қағазға басып шығаратын құрылғы.* **Басу мәшинесі**. *Қырман басына орылып үйілген астықтың дәнін айыратын мәшине.*

**БАСУ**[2]**: басу айтты.** **1.** *Тоқтау айтты, желіктірмеді, ақылға шақырды.* **2.** этн. *Жақын адамы қайтыс болып, жылап, жоқтап отырған адамға тоқтау сөз, көңіл айтты.* **3.** *Ұзатылып, өзге жұртқа, алыс елге аттанып бара жатқан, сыңсу айтқан қызы мен артында жылап отырған ата-анасына термелеп тоқтау сөз айтты.*

**БАСУЛЫ** сын. **1.** *Басылған, дайын (киіз, қағаз).* **2.** *Бәсеңдетілген, төмендетілген, басылған.*

**БАСУЛЫҚ** зат. *Тоқтау, тоқтам.*

**БАСУР** зат. сөйл. ***Басыр.*** *(бейхабарлық мең-зең күй).*

**БАСУШЫ** зат. полигр. *Терілген әріптің таңбасын қағазға басып түсіруші.*

**БАСҰРМАН** зат. тар. *Ертеректегі орыс жазбаларындағы негізінен мұсылмандарға қатысты қолданылған жағымсыз мағынадағы атау.*

**БАСШЫ** зат. **1.** *Көсем, басқарушы, бастаушы, елбасы.* **2.** *Мекеменің, оқу орнының жетекшісі, бастық.* **3.** *Бастаушы, жол көрсетуші, бастап апарушы.* **4.** экон. *Бағыныштыи ұжымға ықпал жасаушы және дара басшылық жағдайында оның қызметі үшін заң алдында, жоғары тұрған орган, мемлекет немесе меншік иесі алдында жауап беретін тұлға.*

**Басшы болды.** *Бастады, басқарды, жетектеді, жол көрсетті.* **Басшы қылды.** *Айтқанына жүрді, мойынсұнды.* **Басшы [жоғарғы] орган.** *Басқарушы, жетекші мекеме, әкімшілік орын.*

**БАСШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жетекшілік, билік, басшы болушылық.* **2.** *Басқарушы топ.*

**Басшылық етті [қылды].** *Басқарды, жетекшілік етті.* **Басшылық қызмет.** *Қандай да бір мекеме, ұйым т.б. жұмыс орындарындағы басқарушылық, ұйымдастырушылық қызмет, мансап.* **Басшылық стилі.** экон. *Қойылған мақсатқа жету барысында басшылардың бағыныштылармен арадағы қатынасында қалыптасқан мінез-құлқы (автократтық, демократиялық стиль).* **Басшылық циклограммасы.** пед. *Мұғалімдердің міндеттерін және мектеп басшыларының міндеттері мен құқықтарын белгілеу.*

**БАСШЫСЫЗ** сын. *Басшысы жоқ, басқарусыз.*

**БАСЫБАЙЛЫ** сын. **1.** *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді.* **2.** *Өзіне ғана тән, меншікті.*

**БАСЫБАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Бас еркі болмаушылық, кіріптарлық, біреуге тәуелді болушылық.*

**БАСЫБАЛДЫ** зат. *Ерте пісетін, дөңгелек келген, қабығы жұқа, сары ала, тәтті қауын.*

**БАСЫБҮТІН** үст. *Қайтарып бермейтіндей етіп, біржола.*

**БАСЫ-КӨЗІ** зат. *Бет-аузы.*

**Басы-көзі [бар] демей.** *Айырып жатпай, еш нәрсеге қарамай, бас салып.* **Басы-көзіне қарамады.** *Айырып жатпады, есептеп жатпады, парқына бармады.*

**БАСЫҚ** сын. *Жабығыңқы, басыңқы.*

**БАСЫ-ҚАСЫНДА** үст. *Жанында, маңында, қасында, айналасында.*

**БАСЫЛ[1]=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ауыр салмақтан, жауын-шашыннан тағы басқаның әсерінен тығыздалуы;* **2.** *Тапталу, білектеп нығыздалу.* **3.** *Баспадан шығу, жарық көру.*

**БАСЫЛ[2]=** ет. **1.** *Тынышталу, жайбарақат күйге түсу, тыну.* **2.** *Екпіні қайтып бәсеңдеу.* **3.** *Тыйылу, тоқталу.* **4.** *Таусылу, түгесілу, біту.*

**Басылмайтын символ.** инф. <ағыл. nonprintable character> *Құжатты принтер арқылы басып шығарғанда қағазға түспейтін басқару символдары.*

**БАСЫЛМА** зат. инф. **1.** *Компьютерде ақпарат өңдеудің нәтижелері басылған қағаз.* **2.** *Бағдарламаны аударудың нәтижелері жайындағы ақпарат.*

**БАСЫЛУ[1]** *Басыл етістігінің қимыл атауы; баспадан шығу.*

**БАСЫЛУ[2]** *Басыл етістігінің қимыл атауы; екпіні қайтып, бәсеңдеу.*

**БАСЫЛЫМ** зат. полигр. **1.** *Баспа орнынан басылып шыққан кітап, журнал және басқа да шығармалар.* **2.** *Бір терілімнен өткен кітаптың өңделіп, толықтырылып қайта шығуы.*

**БАСЫЛЫҢҚЫ** сын. **1.** *Бәсең, солғын, төмен.* **2.** *Екпіні қайтқан, саябыр.*

**БАСЫЛЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Қайтыңқырау, азаю.* **2.** *Сіңіңкіреу, тараңқырау.* **3.** *Бәсеңдеңкіреу, азайыңқырау.*

**БАСЫЛЫС=** ет. *Саябырсу, қимыл-әрекеттің баяулап барып тоқтауы.*

**БАСЫМ** сын. **1.** *Екінші бір заттан артық, мол, көп.* **2.** *Үстем, күшті, мығым.*

**Басым бағдарлама.** инф. <ағыл. Foreground program> *Жоғары басымдылық телінген негізгі жад бөлімінде орындалатын бағдарлама.* **Басым бағыт.** саяси. *Қандай да бір саяси-әлеуметтік топтың, ұжымның немесе қозғалыстың дамуының, сондай-ақ іс-шараларды жүзеге асырудың артықшылық берілген тәсілі, жолы.* **Басым көпшілік.** *Көбі, негізгі бөлігі, көп бөлігі.* **Басым түрлер.** биол. <лат. aedificator – құрылысшы> *Биоценоздардың негізін құрайтын өсімдіктер.*

**БАСЫМДАП** үст. *Үстем болып, күшейіп.*

**БАСЫМДАУ** сын. *Салмақтылау, үстемдеу, күштілеу.*

**БАСЫМДЫҚ** зат. <лат. dominans> **1.** *Басым болушылық, үстемдік, артықшылық.* **2.** *Артықтық, көптік, күштілік.* **3.** спорт. *Күші айқын артық болу, даусыз, жарыссыз жеңісін мойындау.* **4.** физиол. *Адамның және жануарлардың орталық жүйке жүйесіндегі белгілі бір аймағының күшті қозу нәтижесінде басқаларына уақытша басымдық танытып, үстемдік көрсетуі.* **5.** муз. *Мажор мен минордағы тональды дыбыстардың тониканы күшейту қызметі.*

**БАСЫМДЫЛЫҚ** зат. терм. <нем. Prioritat> **1.** *Бір заттың немесе құбылыстың басқаларына қарағанда үстем мағынасы, ерекше мәнділігі.* **2.** *Басым болушылық, күштілік.* **3.** биол. *Бір мезгіл кезеңінде жүйке орталықтары қызметінің интегралдық сипатын қамтамасыз ететін және адам мен жануарлардың мінез-құлықтарын мақсатқа сәйкестендіретін уақытша үстем рефлекторлық жүйе.* **4.** *Өктемдік.*

**Басымдылық режимі.** инф. <ағыл. privileged mode> *Артықшылық берілген командаларды орындауға рұқсат етілген орталық процессордың жұмыс режимі.*

**БАСЫМЫРАҚ** сын. *Күштірек, артығырақ, молырақ.*

**БАСЫН=** ет. *Өзінен біреуді төмен санап, өктемдік жасап, үстемдік көрсету, баса-көктеу.*

**БАСЫНҒЫШ** сын. *Басқа шыққыш, өктемшіл.*

**БАСЫНДА** үст. *Әуелгіде, әдепкіде, о баста, бастапқыда.*

**БАСЫНДЫҚ: өз басындық.** *Жеке басқа тән.*

**БАСЫНДЫР=** ет. *Біреудің әлімжеттік жасап, өктемдік көрсетуіне жол беру, бас көтермей көндігу.*

**БАСЫНДЫРУ** *Басындыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫНТ=** ет. *Біреудің жөн-жосықсыз ұрынып, тиіскеніне көну, қоқан-лоққысына жол беру; шарасыздық таныту.*

**БАСЫНТУ** *Басынт етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫНУ** *Басын етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫНУШЫ** зат. *Біреуге өктемдік жасаушы, үстемдік етуші.*

**БАСЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Басқа шығушылық, өктемішілдік.*

**БАСЫҢҚЫ** сын. **1.** *Салмақты, байыпты.* **2.** *Бәсең, төмен.* **3.** *Шошақ емес, жалпақтау.* **4.** *Басым, негізгі.* **5.** лингв. *Басыңқы сөйлем.*

**Басыңқы сөйлем** лингв. *Құрамындағы бағыныңқы сөйлемді өзіне бағындырып тұратын сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақты компоненті.*

**БАСЫҢҚЫЛАУ** сын. *Біршама басыңқы, басылыңқы.*

**БАСЫҢҚЫЛЫҚ** зат. *Артықшылық, басымдық.*

**БАСЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Бәсеңдетіңкіреу, төмендетіңкіреу.* **2.** *Молайтыңқырау, күшейтіңкіреу, көбейтіңкіреу.* **3.** *Баса түсу, аяқпен жанша түсу.* **4.** ауыс. *Мол етіп асау, қылғыту.* **5.** *Баскиімді түсіріңкіреп кию.*

**БАСЫҢҚЫРАҚ** сын. *Басымырақ, күштірек.*

**БАСЫҢҚЫРАУ** *Басыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫПАЛДЫ** сын. сөйл. ***Басыбалды.***

**БАСЫП-БАСЫП** үст. *Үсті-үстіне, қайта-қайта, бірнеше рет, үстемелеп.*

**БАСЫП-ЖАНШУ** *Басып-жаншы етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫП-ЖАНШЫ=** ет. **1.** *Мыжу, таптау, жаншу.* **2.** *Тықсыру, итермелеу, кимелеу.* **3.** ауыс. *Уайым-қайғының еңсені түсіруі.* **4.** ауыс. *Қырып-жою, бетін қайтару.*

**БАСЫП-ЖАНШЫЛ=** ет. *Аяусыз жазалауға ұшырау, жаппай соққының астында қалу, қуғын-сүргін көріп, езіліп-жаншылу.*

**БАСЫП-ЖАНШЫЛУ** *Басып-жаншыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫП-ЖАНЫШТА=** ет. *Қырып-жойып, быт-шыт ету, басып тастау.*

**БАСЫП-ЖАНЫШТАУ** *Басып-жанышта етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫР** зат. **1.** мед. <грек. trachoma> *Көздің дәнекер қабығының созылмалы, жұқпалы ауруы; көзге ақ түсіп, көрмей қалуы.* **2.** ауыс. *Еш нәрседен хабарсыз, бейхабар.*

**Басыр, басыр, басыр-ай [басырды].** фольк. *Жырда ұйқас үшін алынатын тіркес, дәстүрлі бастау.*

**БАСЫРДАЙ** сын. *Басыр болғандай, басыр сияқты.*

**БАСЫРҚУ** *Басырқы етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫРҚЫ=** ет. *Еңсені басу, шаршату, мезі ету.*

**БАСЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Су қараңғылық, соқырлық, зағиптық.* **2.** ауыс. *Көкірегі соқырлық, надандық.*

**БАСЫРТҚЫ** зат. сөйл. ***Басытқы.***

**БАСЫС=** ет. сөйл. *Киіз үйдің ағаштарын жасасу.*

**БАСЫСУ** *Басыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАСЫТҚЫ** зат. **1.** *Бір нәрсенің уытын, күшін қайтаратын зат.* **2.** *Қымыздан кейін берілетін еттен жасалған тағамдар.* **3.** *Үлкен астың алдынды желінетін салқын жеңіл тағам.*

**БАСЫТҚЫЛА=** ет. *Уытын, күшін қайтару.*

**БАСЫТҚЫЛАУ** *Басытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**БАТ[1]** зат. *Тайландтың ақша бірлігі, батикаль.*

**БАТ[2]** зат. жерг. *Судың қағы, кірі, самаурынның ішіндегі қатып қалған кірі.*

**БАТ[3]=** ет. **1.** *Судың түбіне шөгіп көрінбей кету, сіңу.* **2.** *Батпаққа, қарға аяқтың не мәшиненің дөңгелегінің тереңдей кіріп малтығуы.* **3.** *Бір нәрсенің денеге кіріп, қатты ауыртуы.* **4.** *Бойға тарау, сіңу.* **5.** ауыс. *Құру, жойылу.* **6.** *Ай, күн сияқты аспан денелерінің көкжиектен көрінбей кетуі.* **7.** ауыс. *Қарық болу, кенелу.* **8.** ауыс. *Жанды қинап, ауыр тию.* **9.** ауыс. *Көп жұмыстың, қарбаластың ортасына түсу.* **10.** ауыс. *Бір нәрседен қаймығу, имену.*

**Бата алмады.** *Батылы бармады, жүрегі дауаламады.* **Батар күнмен батты.** *Дүниеден көшті, өлді.*

**БАТ: бат қылды.** *Жойды, қиратты.*

**БАТА** зат. **1.** этн. *Маңызды іс бастарда, бастаған іс нәтижелі аяқталғанда және т.б.*

*өзіндік шартымен, рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы ретіндегі қазақ халқының ұлттық этикеті көрінісінің, салт-дәстүрінің бірі [бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт; батаны, әдетте, ел-жұртқа сыйлы, ағайын арасында беделді, жолы үлкен адам береді].* **2.** діни. *Құранның бірінші сүресі – Фатиханың өзгеріске ұшыраған атымен аталатын, өзіндік рәсімі бар Аллаға құлшылық етудің бір түрі [Құран сүрелері, дұға оқылған соң екі қолдың алақанын жайып, тілек сөздерден кейін алақанымен бет сипау қимылдарын орындау түрінде рәсімделеді].* **3.** діни. *Өлген адамға бағышталып оқылатын Құран сүрелері, дұғадан кейін айтылатын тілек рәсімі.* **4.** этн. *Некелесуші жақтар, туыстар арасындағы құдалықты растайтын, тиісті рәсіммен бекітілген бәтуаластық келісім.*

**Бата алды.** этн. а) *Жасы үлкен кісінің немесе құрметті, елге сыйлы, беделді адамның алғысына бөленді, игі тілегін, ырзалығын алды.* ә) *Бір нәрсенің басталуына, атының қойылуына және т. б. себепші болуы деген мағынада.* **Бата бергізді.** *Игі тілек айту рәсімін жасатты.* **Бата берді [сұрады].** этн. а) *Игі тілек тілеп, ризашылық білдірді.* ә) *Жолға шыққан адамның амандығын немесе бір істің сәттілігін сұрап игі тілек білдірді.* б) *Екі жастың бақытын, некесінің адалдығын сұрап, дұға қылды, тілек білдірді.* **Бата беру.** этн. *Тілек айту мақсатында өзіндік рәсімі, шарты бойынша орындалатын қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрінің бірі.* **Бата [ақ бата] бұзды.** а) *Дұға оқып, уәделескен серттен тайды, бата-тілекті аяққа басты.* ә) жағымсыз. *Ақ некенің шартын орындамады, аяққа басты.* б) *Атастырылып қойған адамымен некелесуден бас тартты, келісілген некеге қарсы шықты.* **Бата бұзылды.** *Ақ некенің шарты орындалмады.* **Батаға кірмеді.** *Бәтуаластыққа кірмей, батадан, келісімнен сырт қалды.* **Бата дарыды.** *Бата қабыл болды, алғысқа бөленді.* **Бата жасады.** *Игі тілек білдірді.* **Бата жоқ.** *Азырқану, місе тұтпау мағынасында айтылады.* **Батамен ер көгереді.** этн. *Алладан медет сұрап, тілек, жақсы сөз айту адамды оң істерге бастайды деген мағынада.* **Бата оқу [қылу].** этн. а) діни. *Қайтыс болған адамға Құран шығару, аят, дұға оқу сияқты мұсылмандық құлшылықпен байланысты ұлттық дәстүр.* ә) *Басталған істің сәтті өтуін, маңызды шараның нәтижелі болуын, сондай-ақ табиғат нысандары мен құбылыстарының адамға қайырымен берілуін Алладан сұрап, тілек тілеу, дұға қылу немесе игі көңіл, тілектес тік білдіру.* **Бата оқыды [жасады, қылды].** этн. а) діни. *Өлген кісіге бағыштап Құран оқып, дұға етіп, артында қалғандарына көңіл айтты.* ә) *Қыз беруші немесе келін түсіруші жақ құдаларының туыстықтарын бекітудің нышаны ретінде дұға оқылды, игі тілек айтылды, бәтуаластық жасалды.* б) *Әдетте жол үстінде адамның тілегі қабыл болады деген ниетпен, көрсетілген қонақ- жайлық, құрметке жауап ретінде жолаушы үй иесіне, көмек берген адамға ризашылық тілек білдірді, дұға жасады.* в) *Желінген асқа дұға оқып, Аллаға шүкіршілік айтты, игі тілек білдірді.* г) *Анттасты, серттесті, сөз байласты.* ғ) *Жаңа ай туғанда Алладан өткен айға салауат, келер айда жарылқау тілеп дұға оқу рәсімін орындады.* **Бата сөз.** әдеб. *Ұлттық этикеттің мәнді саласына жататын, тілі кестелі, мазмұны келісті қазақ фольклорының дербес, шағын жанры, халық шығармашылығының сөз үлгісі.* **Бата сұрады [тіледі].** *Жақсы ниет, оң сапар, адал тілек білдіруін қалады, өтінді.* **Батасы қабыл болды.** көне. *Алладан сұрағаны, дұғасы, үлкендердің тілегені болды, жақсы тілегі жүзеге асты.*

**БАТААЯҚ** зат. этн. **1.** *Жасы үлкен, құрметті, сыйлы, батагөй адамнан игі тілек, батасын алу үшін жасалатын кәде, жоралғы.* **2.** кәде. *Құда түсе келгенде жігіттің әкесі жіберетін сый мал.*

**Батааяққа шақыру.** *Жасы үлкен, батагөй адамнан бата алу жоралғысына арналған дас тарқанға шақыру.*

**БАТАГӨЙ** зат. **1.** *Бата беруші, бата бере алатын адам.* **2.** көнерген. *Ел ішінде, ел билеу шілері алдында да беделді, көреген, көпті көрген, аузы дуалы, тілегі қабыл болатын жасы үлкен адам.* **3.** ауыс. *Әрдайым тілектес, жанашыр адам. // Баташыл, аузы дуалы.*

**БАТАГӨЙЛІК** зат. *Батагөй болушылық.*

**БАТАҒА** зат. кәс. *Балық өңдейтін зауыт.*

**БАТАДАЙ** сын. *Бата сияқты, игі тілектей.*

**БАТАКТАР** зат. *Индонезияның Суматра, Ява аралдарын мекендейтін халық.*

**БАТАЛАС=** ет. көнерген. **1.** *Құдай, құран атымен анттасу, серттесу.* **2.** *Қыз алушы, қыз беруші екі жақтың келісім рәсімін жасап, бәтуа ласып, құда болысуы.*

**БАТАЛАСУ** *Баталас етістігінің қимыл атауы.*

**БАТАЛАСҚЫЗ=** ет. *Екі жақты серттес тіру; бәтуаластыру.*

**БАТАЛАСҚЫЗУ** *Баталасқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАТАЛАСТЫР=** ет. *Екі жақты бір-бірімен серттестіру, уәделерін алдырту.*

**БАТАЛАСТЫРУ** *Баталастыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТАЛАСУ** *Баталас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсеге анттасу, мәмілеге келіп уәделесу, серттесу.* **2.** *Құдаласу, неке бекітісу.*

**БАТАЛДЫҚ**: **баталдық жанр.** *Бейнелеу өнерінің соғыс және әскери өмірге арналған түрі.*

**БАТАЛЫ** сын. **1.** *Батасы бар, бата алған.* **2.** *Баталасып, айттырған.*

**Баталы ер [құл] арымас.** *Біреудің ризашылығын, ақ тілегін алған адамның жолы болады.* **Баталы мал.** этн. *Қызды алуға сөз байланып қойғаннан кейін қалыңына берілетін мал.*

**БАТАЛЬОН** [франц. bataillon] зат. әск. **1.** *Бірнеше ротадан құралған жаяу әскер бөлімі.* **2.** *Жаяу әскер, танк, инженерлік, механикаландырылған әскерлердің, байланыс әскерлерінің құрамындағы әскери-тактикалық бөлім немесе әскери құрама мен оперативтік бірлестік құрамындағы жеке бөлім.*

**Батальондық қорғаныс ауданы.** әск. *Батальонды күшейтетін құралдармен толықтырылған полк қорғаныс өңірінің бөлімі.*

**БАТАЛЬОНДАЙ** сын. *Батальон мөлшеріндей.*

**БАТАЛЬОНДЫҚ** сын. *Батальонға қатысты, соған тән.*

**Батальондық артиллерия.** әск. *Батальон командиріне тікелей бағыныштьы штаттық артиллериялық бөлімше.* **Батальондық медициналық пункт.** әск. *Батальондағы аурулар мен жаралыларды жинау, оларға дәрігерлерге дейінгі (фельдшерлік) көмек көрсету және полктік медициналық пунктке немесе медициналық-санитариялық батальонға эвакуация жасауға дайындау орны.*

**БАТАН** зат. бот. <лат. schrenria> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін не бұта өсімдік.*

**БАТАОҚЫР** зат. діни. этн. **1.** *Діни наным, қазақы салт бойынша қалыптасқан, қайтыс болған адамға бағыштап Құран, дұға оқу рәсімі.* **2.** діни. этн. кәде. *Қайтыс болған кісінің рухына бағыштап Құран оқу рәсімін атқарған адамға берілетін кәде.*

**БАТАРЕЯ**[1] [франц. batterie] зат. әск. **1.** *Артиллериядағы тактикалық-ұйымдық бөлім (артиллерия немесе минаатар батареясы).* **2.** *Артиллерияның бекініс орны.* **3.** *Артиллерия бөлімшесі.*

**БАТАРЕЯ**[2] [франц. batterie] зат. тех. **1.** *Бірнеше электр-техника элементінің немесе аккумулятордың қосындысынан тұратын энергия көзі.* **2.** *Бір жүйеге келтірілген, жұмыс тиімділігін арттыру үшін қолданылатын аспаптар, құрылыстар, құрылғылар.*

**БАТАРЕЯЛЫ** сын. *Батареясы бар; жылыту аспаптары қондырылған.*

**БАТАС** сын. жерг. *Баттасқан, қалың (шөп).*

**БАТАСЫЗ** сын. *Батадан құр қалған, бата алмаған.*

**Батасыз кеткір.** қарғ. *Қатты ашынғанда айтылатын, біреудің алғысын алмай, сауапқа қалмай қалғыр, тілеулессіз қалғыр деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Батасыз құл жарымас.** *Игі-тілекке, алғыс, ризалыққа бөленбеген Алланың пендесінің ісі алға баспас.*

**БАТАТ** зат. өс. **1.** *Түйнегі адамға тағам, малға жем ретінде пайдаланылатын тәтті картоп.* **2.** бот. өс. <лат. ipomola batatas> **Жер алма** *(шырмауық тұқымдастарына жататын шырмауықгүл туыстас көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**БАТАТА** зат. өс. сөйл. **Батат.**

**БАТА-ТІЛЕК** зат. *Бата мен тілектің жинақтық атауы.*

**БАТАХ** зат. балықшар. *Камчата тұрғындарының балық аулайтын қайығы.*

**БАТБАТ** зат. зоол. <лат. phrynocernalus mystacues> *Ешкіемерлер тұқымдасындағы жұмырбасты кесірткілер туысының бір түрі, құмды жерді мекендейтін кесіртке.*

**Батбат кесіртке.** зоол. <лат. phrunocephalus mustaceus> ***Батбат.***

**БАТ-БАТ** сын. сөйл. *Бадырайған, бажыр.*

**БАТ-БҰТТА=** ет. сөйл. *Быдыңдап түсініксіз сөйлеу деген мағынада.*

**БАТ-БҰТТАУ** *Бат-бұтта етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЕРФЛЯЙ** [ағыл. butterfly] зат. спорт. *Суда екі қолды бірдей судың бетінде ұстап қимылдатып жүзетін спорттық малту түрі.*

**БАТИАЛ** [грек. bathys] зат. геол. *Мұхиттар мен теңіздердің 200-3000 метр тереңдікте жатқан алқабы.*

**Батиаль атырап.** геол. *Материктік бау райға жапсарлас орналасқан батиальдық маңлұқаттың тіршілік етуіне қолайлы мұхит деңгейі.* **Батиаль шөгінділер.** геол. *Мұхит тереңдікдіктеріндегі шөгінді тастар.*

**БАТИК** [индонез. batik] зат. көркемөнер. *Бейнелеу өнеріндегі жазу әдістерінің бір түрі.*

**БАТИҚА** [ар. الفاتحة] зат. діни. сөйл. *Құранның бірінші сүресі, Фатиха.*

**Батиқасын берді.** сөйл. *Бір іске немесе адамға сәттілік тілеп, Алланың қолдауын сұрап дұға қылды, бата жасады.*

**БАТИЛ**[1] [ар. بطل] зат. *Мереке, думан.*

**БАТИЛ**[2] [ар. باطل] сын. *Қате; теріс; бұрыс; өтірік; қабілетсіз.*

**БАТИМЕТРИЯ** зат. геогр. <грек. bathys – терең, metreo – өлшеймін> *Теңіз, көл, өзен тереңдіктерін арнайы құралмен өлшеу.*

**БАТИМЕТРИЯЛЫҚ** сын. *Батиметрияға қатысты.*

**БАТИН** [ар. باطن] зат. 1. *Ішкі, жасырын, киелі; күллі жан иесінің ішкі дүниесін білуші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.* 2. ауыс. *Жан-дүние, ішкі сарай.*

**БАТИПЕЛАГИАЛЬ** [грек. bathus – терең, pelagos – теңіз] зат. геол. *200-3000 м тереңдіктер аралығын қамтитын мұхит (теңіз) сулары қабатының жалпылама атауы.*

**БАТИПЛАН** [грек. bathus – терең, planum – жазық] зат. тех. *Терең сулардың астын зерттейтін, бақылайтын, оларды киноға және суретке түсіруге арналған камера.*

**БАТИСКАФ** [грек. bathys – терең, shaphos – кеме] зат. геогр. *Теңіздер мен мұхиттардың тереңдігін зерттеу үшін қолданылатын аппарат.*

**БАТИСФЕРА** [грек. bathys – терең, sphaira – шар] зат. геогр. *Мұхиттар мен теңіздердің тереңдігін, су түбіндегі өсімдіктер мен жәндіктерді, теңіз, мұхит түбінің геологиялық құрылысын, су ағыстарын зерттеу үшін қолданылатын шар тәрізді болат камера.*

**БАТИТЕРМОГРАФ** [грек. bathos – терең, therme – жылу, grapho – жазамын] зат. тех. *Мұхиттар мен теңіздерде әртүрлі тереңдіктегі су температурасын автоматты түрде үздіксіз өлшеу және жазуға арналған құрал.*

**БАТҚА** зат. сөйл. *Кір, лас.*

**БАТҚАЛАҚ** зат. сөйл. *Батпақты, сазды жер.*

**БАТҚАНДАЙ** сын. *Батқан сияқты.*

**БАТҚҰНДЫЗ** зат. *Құндыз терісінің бір түрі.*

**БАТҚЫ** зат. зерг. **1.** *Нүкте түрінде түсірілген бедер, ою-өрнек.* **2.** *Нүктелі ою түсіретін құрал.* **3.** *Ат тағасындағы ойықтар.*

**БАТҚЫЗ=** ет. *Сұңгіткізу, кіргіздіру, ендірту.*

**БАТҚЫЗУ** *Батқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАТМӨҢКЕ** зат. *Етіктің қонышы.*

**БАТНОС** [ор. паднос] зат. сөйл. ***Қолтабақ.***

**БАТОЛИТ** [грек, bathos – тереңдік, lithos – тас] зат. геол. *Негізінен гранитоидтардан тұратын қатпарлы құрылымдар өңірінде жиі ұшырасатын ірі интрузиялық дене.*

**БАТОМЕТР** [грек. bathos – терең, metron – өлшем] зат. геогр. *Су немесе ағын тасымалдайтын тасындылардың сынамасын алуға арналған құрал.*

**БАТОМЕТР-ҚАҚПАН** зат. геогр. *Суда қозғалатын қатты заттардың өтімін өлшеуге арналған құрал.*

**БАТОН** [франц. baton] зат. *Сопақ пішінде пісірілген нан түрі.*

**БАТПАҚ** зат. **1.** *Сазды, үнемі ылғалды болып жататын жер бөлігі.* **2.** геогр. <ағыл. swamp> *Ылғал шамадан тыс жиналып, шымтезек түзілу процесі жүріп жатқан жер телімі.* **3.** ауыс. *Балшық, ылғалды топырақ, саз. // Құрғақ емес, лай, былғаныш.*

**Батпақ газы.** хим. *Органикалық заттектердің табиғи жағдайда анаэробты микробиология лық шіруінен пайда болатын газдар қоспасы.* **Батпақ көзі.** *Жер бедерінің ойыстарында қайнар маңайында қалыптасатын батпақ.* **Батпақ көл.** *Суы тартылып, түбіндегі лайы шыққан көл.* **Батпаққа аунатты.** стиль. *Былықтырды, жаманатқа қалдырды.* **Батпаққа батты.** а) *Күнделікті күйбең тіршіліктің қамынан басқадан қол үзіп қалды.* ә) *Қиындыққа тап болды, ауыр жағдайға кезікті, былыққа батты.* **Батпаққа батырды.** *Қиыншылық көрсетті, ауыр жағдайға душар етті.* **Батпаққа батыру.** бейн. *Біреуді кекетіп, кемшілігін бетіне басып табалау, жығылғанға жұдырық көрсету.* **Батпақ қалтагүлі.** өс. <лат. caltha palustris> *Сәуір-маусым айларында гүлдейтін, жемісі мамыр-тамызда пісетін, сарғалдақтар тұқымдасына жататын, биіктігі 30-40 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Батпақ мажыры.** өс. <лат. comarum palustre> *Мамыр-тамыз айлары арасында гүлдейтін, жемісі маусым-қыркүйекте пісетін раушангүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 20-40 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Батпақ өсімдіктері.** бот. <грек. helos – батпақ, phyton – өсімдік> *Шалшық жерде, сазда өсетін шөптесін өсімдіктер.* **Батпақ садыра [сабыр].** *Жердің миы шығып жатқан кез.* **Батпақ солифлюкциясы.** геол. *Еңіс жазықты батпақтарда байқалатын батпақтардағы тоң бетімен еріген шымтезек массасының ағысы.* **Батпақ сулары.** геол. *Құрамында темір қосындысы мен органикалық заттар біршама жоғары мөлшерде болатын батпақ шөгінділерімен байланысты сулар.* **Батпақтар жіктемесі.** сушар. *Батпақтарды жалпы сипатына қарай топтарға бөлу.* **Батпақ тасбақасы.** <лат. emys orbicularis> *Тұщы су тасбақалары тұқымдасына жататын, батпақты жерлерде таралған тасбақа түрі.* **Батпақты қорғау.** экол. *Жер өңірлерін шамадан артық құрғаудан және иелік түрлерінің мекені ретіндегі батпақтарды жойылудан сақтау шараларының жиынтығы.*

**БАТПАҚБАЛДЫР** зат. өс. <лат. helosciidium koch> *Шатыршагүлдер тұқымдасына жататын ылғалды, батпақты жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**БАТПАҚГҮЛ** зат. бот. <лат. nymphoides> *Шатырша гүлшоғыры сабағының ұшында жетілетін, субедерлер тұқымдасына жататын, көпжылдық су өсімдігі.*

**БАТПАҚСЫЗ** сын. *Батпағы жоқ, құрғақ.*

**БАТПАҚТА=** ет. **1.** *Батпақтың үстімен, батпақпен жүру, балшыққа батып жүру.* **2.** ауыс. *Былыққа бату, жағымсыз істердің шырмауынан шыға алмау.*

**БАТПАҚТАЙ** сын. **1.** *Батпақ сияқты.* **2.** жерг. *Жардай, былшиған, семіз.*

**Батпақтай қылып.** сөйл. *Бадырайтып, балш еткізіп.*

**БАТПАҚТАН=** ет. *Ылғалды жер теліміне айналу, батпаққа айналу.*

**БАТПАҚТАНДЫР=** ет. геол. *Батпаққа айналдыру, лайландыру.*

**БАТПАҚТАНДЫРУ[1]** геол. *Батпақтандыр етістігінің қимыл атауы; батпаққа айналдыру.*

**БАТПАҚТАНДЫРУ[2]** зат. кен. *Жер астында пайдалы қазылымдардың өздігінен тұтануынан пайда болатын өрттерді сөндіру және оның алдын алу үшін қолданылатын әдіс.*

**БАТПАҚТАНУ[1]** зат. геогр. *Жердің ылғалды телімдері ретіндегі батпақтарды зерттейтін ілім.*

**БАТПАҚТАНУ[2]** геол. *Батпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**Батпақтану коэффициенті.** сушар. *Су жинау алабындағы батпақты ауданның алаптың жалпы ауданына қатынасы.*

**БАТПАҚТАТ=** ет. *Лай, балшықты жерлермен жүргізу.*

**БАТПАҚТАТУ** *Батпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БАТПАҚТАУ** *Батпақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАТПАҚТЫ** сын. **1.** *Батпағы бар, лай-балшықты.* **2.** геогр. *Шымтезекті, сазды, ылғалды.*

**Батпақты байпағымен кешті.** *Мақтанды, көкірегін көтерді.* **Батпақты сарыбас.** өс. <лат. rorippa palustris>. *Сарыбастың батпақты жерлерде өсетін түрі.* **Батпақты экожүйелер.** экол. *Ойпатты, артық су жиналатын, батпақты топырақты, батпақты өсімдіктер өсетін, шымтезек түзілетін жерлер.*

**БАТПАҚТЫҚ** зат. *Балшықты, лайлы болушылық.*

**БАТПАҚШӨП** зат. бот. <лат. limosella> *Сабынкөктер тұқымдасы, батпақшөп туысына жататын өсімдік.*

**БАТПАН[1]** зат. **1.** *Салмағы 4 пен 16, кейде 12 пұтқа дейінгі ауырлықты білдіретін өлшем.* **2.** ауыс. *Ауыр, зілдей.* **3.** ауыс. *Қиыншылығы мол, ауырлығы зор.*

**Батпан қайғы.** бейн. *Қатты батқан уайым, жан күйзелетін күйініш, қапа.* **Батпан құйрық, жол үстінде [айдалада] не қылып жатқан құйрық.** *Не қылған тегін жатқан, кездесе кеткен дүние, бұл тегін емес деген мағынада.* **Батпаннан ауыр.** *Өте ауыр, өте салмақты.*

**БАТПАН[2]** зат. зоол. *Құмда өмір сүретін кесірткенің бір түрі.*

**БАТПАНАҚТАЙ** сын. жерг. *Жер қозғалса да қозғалмайтын байсалды, салмақты.*

**БАТПАНАҚТАЙ-БАТПАНАҚТАЙ** сын. сөйл. *Толық, ірі.*

**БАТПАН-БАТПАН** сын. *Мол, зор.*

**БАТПАНДАЙ** сын. сөйл. 1. *Батпан сияқ ты, өте ауыр, салмақты.* 2. *Қолақпандай, үп-үлкен. // Бет-жүзіне қарамай бажырайтып, баттитып.*

**Батпандай ауыр.** *Өте ауыр, салмағы мол.*

**БАТПАНДАП** үст. *Зор салмақпен, үйін-төгіп, көп-көптен.*

**Батпандап кірген кеселді [ауруды] мысқалдап шығарды.** *Бойға әбден сіңіп қалған аурудан (әдеттен т.б.) ептеп, шым-шымдап құтылды.*

**БАТПАНДЫ** сын. **1.** *Салмақты, ірі.* **2.** *Қару-жарағы мол, қалың қол.* **3.** *Шынжырға байланған салмағы ауыр бөлшегі бар деген мағынада.*

**БАТПАНСУ** *Батпансы етістігінің қимыл атауы.*

**БАТПАНСЫ=** ет. *Өзін-өзі зор санау.*

**БАТПАНСЫН=** ет. *Өзін-өзі зор санағансу.*

**БАТПИТ=** ет. **1.** *Баттиту, бадырайту.* **2.** ауыс. *Бетің-жүзің демей, төте айтып салу.*

**БАТПИТУ** *Батпит етістігінің қимыл атауы.*

**БАТПЫРАҚТА=** ет. сөйл. **1.** *Анда бір, мында бір қозғалақтап, дұрыс, тура жүре алмау.* **2.** *Аузынан сөзі түсіп, ойын дұрыс жеткізе алмағанда және сөйлеушінің өзін, ойын ұнатпағанда айтылады.*

**БАТПЫРАҚТАУ** *Батпырақта етістігінің қимыл атауы.*

**БАТПЫРАУЫҚ** зат. *Қағаздың төрт бұрышын қалың етіп желімдеп, ұзын жіппен аспанға ұшыратын балалар ойыны.*

**БАТРАК** зат. сөйл. ***Батырақ.***

**БАТРАХОЗАВРЛАР** [грек. batrachos – бақа, sauros – кесіртке] зат. зоол. *Палеозой заманының девон-пермь кезеңінің жыныстарынан қаңқа қалдықтары табылған, жойылып кеткен қосмекенділер тармағы.*

**БАТРАХОЛОГИЯ** [грек, batrachos – бақа, logos – ілім]. зат. зоол. *Зоология ғылымдарының қосмекенділерді зерттейтін саласының ескі аты.*

**БАТРАХОТОКСИН** [грек. batrachos – бақа, toxikos – у] зат. биол. *Белоксыз заттардан құрылған, табиғи күшті токсин болып есептелетін стероидті алколоид.*

**БАТСАЙЫ[1]** зат. *Қалың жібек кездеме.*

**БАТСАЙЫ[2]** зат. жерг. *Еті қалың қауын.*

**БАТСАЙЫДАЙ** сын. *Батсайы сияқты.*

**БАТТА=** ет. жерг. *Сылау, жағу, майлау.*

**БАТТАМ**: **бес баттам.** сын. *Әбден ластанып, кір басқан.*

**БАТТАМА** зат. жерг. *Баттап жайып кептірілген тезек.*

**БАТТАС=** ет. **1.** *Бірінің үстіне бірі қабаттасып жабысу.* **2.** *Мидай араласу.* **3.** *Бір-бірімен*

*тұтасу, ара жігі бұлдырау.* **4.** *Бірінің үстіне бірі қалың болып жағылу.* **5.** ауыс. *Әбден араласып, тұтасу, былығу.*

**БАТТАСУ** *Баттас етістігінің қимыл атауы.*

**БАТТАСТЫР=** ет. **1.** *Қалың етіп жағу.* **2.** ауыс. *Қабаттастыру, жабыстыру.* **3.** ауыс. *Қаралау, жамандау.*

**БАТТАСТЫРУ** *Баттастыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТТАУЫҚ** зат. өс. **1.** *Малазықтық шөптесін өсімдік.* **2.** <лат. imperata> *Астық тұқымдасына жататын, қоңыржай және ыстық аймақтарда кең тараған біржылдық өсімдік.*

**БАТТАУЫҚТЫ** сын. *Баттауығы мол.*

**БАТТЕРФИШ** зат. балықшар. *Алабұға тәрізділер отрядына жататын Строматеус тұқымдасының бір түрі; кәсіптік маңызы бар еті дәмді балық.*

**БАТТИ=** ет. **1.** *Бадырайып, айқын көріну.* **2.** *Балпию, жалпақтану.*

**БАТТИТ=** ет. **1.** *Бадырайтып айқын көрсету.* **2.** ауыс. *Көңілге қарамай тура айту.*

**Баттитып айтты.** *Бадырайтып жанына батыра сөйледі.*

**БАТТИТУ** *Баттит етістігінің қимыл атауы.*

**БАТТИЮ** *Батти етістігінің қимыл атауы.*

**БАТУ[1]** зат. кен. *Таужыныстың дымқылданған кезде көлемін кішірейтетін, деформацияланатын қасиеті.*

**БАТУ[2]** зат. жерг. *Таудың, төбенің ой жері.*

**БАТУ[3]** *Бат етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Бір нәрсенің денеге кіріп, ауыртуы.* **2.** ауыс. *Жанына ауыр тию, қиналу, қынжылту, күйзелту.*

**БАТУ[4]** *Бат етістігінің қимыл атауы; суға немесе сұйық затқа еніп көрінбей кету, түбіне түсу.*

**БАТУА** зат. сөйл. ***Пәтуа.***

**БАТУАЛАС=** ет. сөйл. ***Пәтуалас.***

**БАТУН** зат. *Көк пияздың көпжылдық сорты; сабақты пияз.*

**БАТУТ** [лат. batoude] зат. спорт. **1.** *Серіппелі тор үстінде ойналатын спорттың бір түрі.* **2.** *Акробатикалық секірістердің кейбір әдістерін орындап секіруге арналған, беті тегіс, болат серіппелер және резеңкемен тартылып кермеге бекітілген, серпілмелі тор.* **3.** *Саябақтарда, демалыс орындарында, алаңқайларда балалардың секіріп ойнауы үшін арнайы жабдықталған серіппелі торы.*

**Батутта секіру.** спорт. *Серіппелі тор үстінде ойналатын спорттың бір түрі.*

**БАТУЛЫ** сын. *Жанына батқан, күйзелткен.*

**БАТШАҒАР** зат. сөйл. ***Пәтшағар.***

**БАТШАЙЫ** зат. сөйл. ***Батсайы.***

**БАТЫҚ[1]** зат. *Ағаш сапты шойын шоқпар.*

**Батық тисін басыңа.** қарғ. *Қатты ашуланғанда, кейігенде жасаңды ал деген мағынада айтылатын қарғау мәніндегі сөз.*

**БАТЫҚ[2]** сын. *Батыңқы, кіріңкі.*

**Батық мұрын.** *Кеңсірігі ішке қарай кіріңкі, батыңқы мұрын.*

**БАТЫҚТАУ** сын. *Ішке қарай кіріңкілеу, батыңқылау.*

**БАТЫЛ[1]** сын. **1.** *Ержүрек, қайсар, өжет (адам).* **2.** *Өткір, тура, шыншыл. // Жасқаншақтамай, еркін, бет қақпай. // Қорықпай, өжеттікпен, ашықтан-ашық.*

**Батылы [жетпеді] бармады.** *Дәті бармады, именшектеді.*

**БАТЫЛ[2]** [ар. باطل] сын. ескікіт. **1.** *Дұрыс емес, теріс, жалған.* **2.** *Пайдасыз, жарамсыз, бос. // Терістік, дұрыс еместік, жалғандық.*

**БАТЫЛДАН=** ет. *Тайсалмау, өжеттену.*

**БАТЫЛДАНДЫР=** ет. *Қорықпайтындай ету, өжеттендіру.*

**БАТЫЛДАНДЫРУ** *Батылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫЛДАНУ** *Батылдан етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫЛДАНЫҢҚЫРА=** ет. *Батылдана түсу, өжеттеніңкіреу.*

**БАТЫЛДАУ** сын. *Өжеттеу, еркіндеу.*

**БАТЫЛДЫҚ[1]** зат. **1.** *Батыл болушылық, ешнәрседен тайынбаушылық, өжеттік.* **2.** *Шыншылдық, өткірлік, туралық.*

**Батылдығы жетті.** *Тайсалмады, өжеттік жасады.*

**БАТЫЛДЫҚ[2]** зат. ескікіт. *Терістік, ақиқатқа қайшылық, бұрыстық.*

**БАТЫЛДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Батылдық*** *(өжеттік).*

**БАТЫЛСЫЗ** сын. *Батыл емес, жасқаншақ, именшек. // Именшектеп, жасқаншақтап, әрең-әрең оқталып.*

**БАТЫЛСЫЗДАН=** ет. *Именшектену, жүрексіну, қаймығу.*

**БАТЫЛСЫЗДАНУ** *Батылсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫЛСЫЗДАУ[1]** сын. *Батыл емес. // Именшектеніп, жасқанып, әлсін-әлсін, жүрексініп.*

**БАТЫЛСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Қорқақтық, именшектік.* **2.** *Жүрексінушілік, батылы жетпеушілік.*

**БАТЫЛСЫН=** ет. *Өжетсіну, жүректі болғансу.*

**БАТЫЛСЫНУ** *Батылсын етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫЛЫРАҚ** сын. **1.** *Өжеттілеу, батылдау. // Қорықпай, еркінірек, жасқаншақтанбай.*

**БАТЫМ** сын. **1.** *Үшкір, өткір, қатты бататын.* **2.** ауыс. *Өткір, өжет, қайсар.* **3.** ауыс. *Өш, құмар, тым асық.*

**БАТЫМДЫ[1]** сын. *Батыл, жасқаншақтанбайтын, өжет.*

**БАТЫМДЫ[2]** сын. **1.** *Жанға бататын, ауыртпалығы мол.* **2.** ауыс. *Жанға жайлы, сіңімді.*

**БАТЫМДЫҚ** зат. *Батылдық, жүректілік.*

**БАТЫМДЫЛЫҚ** зат. *Батымды болушылық, өжеттік.*

**БАТЫМЫРАҚ** сын. *Батылдау, батымдау.*

**БАТЫН** [ар. باطن] үст. *Батылы бару, қорғану.*

**БАТЫНА** зат. *Теріс, күнә.*

**БАТЫҢҚЫ** сын. *Ішке қарай түсіңкі, кіріңкі, ойыңқы. //Иіліңкі, ойықтау.*

**Батыңқы спиральды сұрыптағыштар.** тех. кен. *Науа ішіндегі спиральдың төменгі басы қойыртақ ішіне толығынан батып көрінбей жататын механикалық сұрыптағыштар.*

**БАТЫҢҚЫЛАУ** сын. *Ішке қарай кіріңкілеу, ойыңқылау, батық.*

**БАТЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Сұғыныңқырау, кіріңкіреу.* **2.** ауыс. *Қатты тиіңкіреу, өтіңкіреу.*

**БАТЫҢҚЫРАУ** *Батыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫП-ШЫҒЫП** үст. **1.** *Біресе батып кетіп, біресе қалқып шығып, бір көрініп, бір шөгіп.* **2.** ауыс. Біресе *қиялға шомып, ойланып-толғанып, әрі ауытқып, сан құбылып.*

**БАТЫР[1]** зат. **1.** *Ел қамы үшін жаумен шайқаста ерлік көрсеткен қаһарман адам, елін сүйетін ержүрек азамат.* **2.** тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамында әскери жорықтарда жеке ерліктері үшін құрметті атаққа ие болып, ел басқару ісіне де араласу құқығын иемденген әлеуметтік жік өкілі.* **3.** *Ел қорғаудағы асқан батырлығы, әскери жорықтардағы ерекше ерлігі үшін берілетін атақ.* **4.** *Соғыс, шайқас ұрыстардағы жауынгер, ұрыс шебері.* **5.** жағымсыз. *Көзсіз ерлік, қатыгездік иесі, «барып кел, шауып келге» тұратын адам.* **6.** жағымды. *Біреуді мадақтау, көтермелеу, дәріптеу, қошеметтеу мәнінде айтылытын сөз.* **7.** сөйл. эксп. *Біреуді кемсіну, менсінбеу, мысқылдау мағынасында айтылатын сөз.*

**Батыр аңқау [аңғал].** *Батырлар аңғырт, қамсыз келеді деген мағынадағы сөз.* **Батыр бастас болады.** *Батырдың мүддесі, тілегі бір, мақсаты ортақ.* **Батыр [ер] болсаң бопсаға шыда!** *Ер болсаң, сырттай жасалған сеске шыда, қандай қиындық (бәле-жала ) болса да төзіп бақ деген мағынада.* **Батырдан сауға, мергеннен сыралғы.** этн. *Батырдан араша, мергеннен олжа сұра.* **Батырды бәрекелді өлтіреді.** *Мақтаншақтық ер адамның түбіне жетеді.* **Батыр қандас.** *Намысы бір, қанды көйлек жолдас, майдандас.* **Батырлар жыры.** әдеб. *Халық тарихындағы елі мен жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлаған фольклорлық шығарма, ұзақ дастан.* **Батыр тұлғалы [пішінді].** *Зор денелі, сом тұлғалы, алпамсадай.*

**БАТЫР[2]** сын. **1.** *Ержүрек, қайтпас қайсар, өжет.* **2.** ауыс. *Батыл, өткір, тайсалмайтын.* **3.** жағымсыз. *Қаскөй, есер.*

**Батыр ана.** қоғ.-әлеум. *Көп бала туып, өсіріп тәрбиелеген анаға мемлекет тарапынан берілетін жоғары ресми атақ, ардагер ана.* **Батыр Ана ордені.** тар. совет. *Кеңес дәуірі тұсындағы Отан қорғаудағы ерекше ерлігі үшін әйелдерге берілетін орден.* **Батыр жігіт.** *Ержүрек, күшті, батыл жігіт.* **Батыр қала.** сов. *Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста халқы ерлік, қаһармандық көрсеткен қалаларға берілген жоғары атақ.* **Батыр ой.** *Батыл, өткір пікір.*

**БАТЫР[3]** зат. өс. *Шөлді, шөлейтті, сортаң жерде өсетін шөп.*

**БАТЫР[4]=** ет. **1.** *Суға, өзен, көл, теңіздің түбіне қарай түсіру, бойлату, түсіру.* **2.** *Суға, сұйық затқа салу, малу.* **3.** *Үшкір, өткір қаруды сұғу, тығу.* **4.** *Жерге кіргізу, енгізу.* **5.** *Бір нәрсемен итеріп, денеге дақ, таңба түсіру.*

**Батыра айтты [сөйледі].** *Қатты айтты, жанына тидіріп, тиетіндей етіп сөйледі.*

**БАТЫРА-БАТЫРА** үст. *Нығап-нығап, қадап-қадап, қатты-қатты.*

**БАТЫРАҚ[1]** зат. тар. **1.** *Ресейде 1917 жылға дейін болған жеке шаруашылық иелеріне, әдетте помещиктерге жалданатын ауылшаруашылық жұмысшысы.* **2.** *Кеңестік заманда Қазан төңкерісіне дейін бай-құлақтардың езгісіндегі қаналушы тап өкілі ретінде танылған әлеуметтік жіктің құрамындағы жалдамалы жұмысшылардан тұратын топ.* **3.** *Ауылдағы жалдамалы жұмысшы.*

**Батырақ болу.** *Біреудің қоластына жалданып жұмысқа тұру, жалдамалы жұмыспен күнелту.*

**БАТЫРАҚ[2]** зат. *Белгі үшін ұшына жібек шаршы байлаған таяқ.*

**БАТЫРАҚКОМ** зат. сов. *XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Кеңес үкіметі тұсындағы кедейлерден құралған қоғамдық ұйым, батырақтар комитеті.*

**БАТЫРАҚТЫҚ** зат. *Жалданушылық, жалдамалы жұмыс істеушілік.*

**Батырақтық істеді.** *Біреудің қоластына жұмыс істеуге жалданды, ауылшаруашылық жұмысқа жалданып күнелтті.*

**БАТЫР-БАҒЛАН** зат. *Ел қамын ойлайтын, ер-азамат пен әлеуметтік мәртебесі жоғары ауқатты топтың жастары.*

**БАТЫР-БАЛУАН** зат. *Әрі батыр, әрі балуан.*

**БАТЫРБАСЫ** зат. әск. *Түркі халықтарында ертеде қолданылған таңдаулы батырлардан іріктелген әскери топтың басшысы, әскербасылық атақ.*

**БАТЫР-БҰТЫР** елік. *Мылтықтың атылған дауысына ұқсас сатыр-сұтыр, сарт-сұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БАТЫРҒЫ**[1] зат. *Ірі қараның жіліншік сүйегін жарып, бірұшын сүйір әрі қайқылау етіп егеп, ұзындығын бір сүйем етіп жасаған өрімші, теріші пайдаланатын құрал.*

**БАТЫРҒЫ**[2] зат. *Қармақты су түбіне батыруға арналған құйма қорғасын.*

**БАТЫРҒЫШ** зат. тех. *Қозғалтқыштарды жүргізгенде іске қосатын карбюратордағы тетік.*

**БАТЫРДАЙ** сын. *Батыр сияқты.*

**БАТЫРЕКЕ** зат. эксп. **1.** *Ертеректегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жік өкілі ретіндегі батырға қарата құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Ержүрек, қаһарман адамға қарата айтылатын құрметтеу нышанындағы сөз.* **3.** *Өзін зор санаған, біреуді жақтырмай, мінегенде қолданылатын қаратпа сөз.*

**БАТЫРЛА**[1]**=** ет. *Батыр-батыр ету, сатырлау.*

**БАТЫРЛА**[2]**=** ет. *Батыр, батырекелеп қолпаштау.*

**БАТЫРЛАН=** ет. *Батылдану, қайраттану, жігерлену.*

**БАТЫРЛАНДЫР=** ет. *Қайраттандыру, жігерлендіру.*

**БАТЫРЛАНДЫРУ** *Батырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЛАНУ** *Батырлан етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЛАТ=** ет. **1.** *Тарсылдату, сатырлату (мылтық туралы).* **2.** *Сатыр-күтір еткізу, күл-талқан ету.* **3.** *Қатыр-құтыр шайнату, қашыр-құшыр еткізу.*

**БАТЫРЛАТУ** *Батырлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЛАУ**[1] сын. *Өжеттеу, жігерлілеу, батылдау.*

**БАТЫРЛАУ**[2] *Батырла етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Батыр болушылық, батыр атанушылық.* **2.** *Ержүректік, батылдық, өжеттік.*

**Батырлық ертегілер.** әдеб. *Басты тақырыбы – қаһармандықпен сүйгеніне үйлену, небір алып құбыжық, жалмауыздармен күресу және ру, тайпа, бүкіл ел үшін кек алу туралы баяндалатын ертегі жанрының бір түрі.* **Батырлық жырлар.** әдеб. *Халық өмірінің бір дәуіріндегі тарихи оқиғаларды қамти отырып сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауға қарсы ерлік күресі көркемдік тұрғыдан суреттелетін эпостық жырлар, батырлар жыры.* **Батырлық салт.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әскери өнерге тән дәстүр.* **Батырлық эпос.** әдеб. ***Батырлық жырлар.***

**БАТЫРМА**[1] зат. қолөнер. *Ағаш, темір, былғары бетіне салатын ою-өрнек; бедер.*

**БАТЫРМА**[2] зат. мед. *Уқалаудың бір түрі.*

**БАТЫРМА** зат. инф. *Аппаратурадағы перне.*

**БАТЫРМАЛЫ**: **батырмалы қондырғы.** малшар. *Қой тоғытатын қондырғы.*

**БАТЫРСУ** *Батырсы етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРСЫ=** ет. **1.** эксп. кекесін. *Өзін батыр сезіну, көңілін сенімділік билеу.* **2.** *Батыр болғансу, өжет, күштімсіну.*

**БАТЫРСЫМАҚ** сын. эксп. кекесін. *Батыр болып көрінген, жалған батыр.*

**БАТЫРСЫН=** ет. *Өзін ер санап өжетсіну, батыр болғансу.*

**БАТЫРСЫНУ** *Батырсын етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРТ=** ет. *Бір нәрсеге байлаттыру, матырту, енгіздіру, кіргіздіру.*

**БАТЫРТУ** *Батырт етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРУ**[1] зат. қолөнер. *Жиһаздарға, үй бұйымдарына, қол өнері арқылы жасалған заттарға салынған бедер, батырғы.*

**БАТЫРУ**[2] *Батыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРУШЫ** зат. *Батырып жіберуші.*

**БАТЫРША** үст. *Батырға ұқсап.*

**БАТЫРШЫЛЫҚ** зат. *Батырлыққа барушылық, батылдық, тәуекел жасаушылық.*

**БАТЫРЫЛ=** ет. *Малыну, сіңгілу.*

**БАТЫРЫЛУ** *Батырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЫМСУ** *Батырымсы етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫРЫМСЫ=** ет. *Өзінше батыр болғансу, батыр сияқтану.*

**БАТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Батыра түсу.*

**БАТЫРЫП-БАТЫРЫП** үст. *Батыл-батыл, қатты-қатты айтып, шымбайына тиіп.*

**БАТЫРЫС=** ет. **1.** *Бір нәрсені батыруға қолғабыс тигізу.* **2.** *Бірін-бірі батыра түсу.*

**БАТЫРЫСУ** *Батырыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫС** зат. **1.** геогр. <нем. West> *Дүниенің төрт құбыласының шығысқа қарама-қарсы жағы, күн бататын көкжиек. // Бүкіл батыс тағылар, батыс жақтағылар деген мағынада.* **2.** *Жер шарының Батыс бөлігінде орналасқан ел, мемлекет, жер.* **3.** *Батыс Еуропа мағынасында.* **4.** ауыс. *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропаның экономикасы дамыған мемлекеттерінің жиынтық атауы.*

**Батыс бет [өңір].** *Күн бататын жақта орналасқан жер, аймақ.* **Батыс жақ.** *Күн бататын жақ, шығысқа қарама-қарсы тарап.* **Батыс мәдениеті.** *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропаның экономикасы дамыған елдерінің мәдениеті.* **Батысты бетке ұстады [алды].** *Күн бататын жаққа қарай бағытталды, бағдарын батысқа бұрды.* **Батыс халықтары.** *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропа мемлекеттері, елдері.* **Батыс үлгісінде.** *Америка Құрама Штаттары, Канада және Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі нұсқада, солардағы нұсқа бойынша.*

**БАТЫС**[2]**=** ет. *Қарық болысу; бөгісу; кенелісу.*

**БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ** сын. *Батыс Еуропаға тән, соған қатысты.*

**БАТЫСЕУРОПАЛЫҚТАР** зат. *Батыс Еуропада орналасқан мемлекеттер халқы.*

**БАТЫСТЫҚ** сын. **1.** *Күн бататын көкжиектік, батыс жақтық.* **2.** *Америка Құрама Штаттары, Канада, Батыс Еуропаның экономикасы дамыған елдеріне тән, соларға қатысты.*

**БАТЫСТЫР=** ет. *Қазанда асылып жатқан асты (етті, т.б.) сорпаға батырып, бетіне шығармау.*

**БАТЫСТЫРУ** *Батыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫСУ** *Батыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАТЫСШЫЛ** сын. *Батыс Еуропаның дамыған елдері мен Америка, Канада сияқты мемлекеттердің мәдениетіне, дүниетанымы мен өмір сүру болмысына еліктегіш, соны қолдайтын, жақтағыш.*

**БАТЫСШЫЛДАР** зат. *Батыстық мәдениет ті, дүниетанымды т. б. қолдаушылар, батыс елдерінің идеологиясын, саясатын жақтаушылар.*

**БАТЫСШЫЛА=** ет. *Батыстағылар сияқты, батысша әрекет жасау.*

**БАТЫСШЫЛДЫҚ** зат. саяси. *Батыс елдерінің идеологиялық саясатын жақтаушылық.*

**БАУ**[1] зат. **1.** *Киімнің немесе тағы басқа тұрмыстық заттардың әртүрлі материалдан жасалған баулығы, жіп.* **2.** этн. *Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұштастыру, сыртқы киіздерін бастырып тұру мақсатында қолданылатын басты жабдықтарының біріне жататын басқұр жібінің жиынтық атауы.* **3.** *Қармақтың сапқа байлаған ұзын ызба жібі.* **4.** *Металдан жасалған берік арқан немесе шынжыр.* **5.** сөйл. тех. *Ток өтпеу үшін оқшаулағышпен қапталған электрондық сым.* **6.** ауыс. *Өте жіңішке талшық.* **7.** ауыс. *Бұғау, құрсау.*

**Бау арық.** кәс. *Егіс даласындағы ең кішкене арық.* **Бау ашты.** саят. *Үйретілген қыран құс бауынан босатылып, алғаш рет аңға түсіп, аң алды.* **Бау ашу.** саят. *Үйретілген қыран құстың бауынан босатылып алғаш рет аңға түсіп, аң алуы.* **Баумен кестелеу.** қолөнер. *Киімді әшекейлеу үшін пайдаланылатын жіптерден (жүн, жылтырақ жіп қосылған жартылай жүн), ширатылған баумен немесе дайын баулармен тігілетін кесте.* **Бауы ашылды.** саят. *Қыран құс аң ұстауға әбден машықталды, дағдыланды.* **Бауы берік болғай.** тілек. *Жас баланың өмір жасы ұзақ болсын деген мағынада.* **Бауы берік болды.** *Мызғымайтын, мықты болды.* **Бауы берік болсын.** а) этн. *Жаңа туылған жас сәби өмірлі болсын, құтты болсын деген мағынасындағы тілек.* ә) *Мызғымайтын берік, табанды, бекем болсын.*

**БАУ**[2] зат. *Жеміс ағаштары, гүл және басқа өсімдіктер отырғызылған жер, бақ, бақша.*

**БАУ**[3] зат. егіншар. *Егіннің, шөптің бір байламы, бір будағы, десте.*

**Бау байлау.** егіншар. *Орылған егінді, ши не шілікті, бау етіп буу, баулау.* **Бау тары.** а) *Бауда тұрған, әлі бастырылмаған көксағал тары.* ә) *Ерте салған егін пісіп, егіншілер бау тары іше бастаған кез.*

**БАУАР** зат. **1.** *Алым-салық, төлем.* **2.** *Жаудан түскен олжа, телім.*

**БАУАШАР** зат. *Ең алғашқы, тырнақалды іс, жолашар.*

**БАУ-БАҚ** зат. сөйл. ***Бау-бақша.***

**БАУ-БАҚША** зат. *Жеміс-жидек, гүл өсірілетін бау мен көкөніс егілетін бақша.*

**БАУ-БАҚШАЛЫ** сын. *Бау-бақшасы мол, миуалы.*

**БАУ-БАСҚҰР** зат. этн. *Киіз үйдің сүйектерін ұстастырып, жамылғысындағы киіздерін бекітуге, ішкі көрінісін әшекейлеуге арналған арқан-жібі, құр сияқты әбзелдері, жіп-шуы.*

**БАУ-БАУЫМЕН** үст. *Бауланып байланған қалпымен, байлаған күйімен.*

**БАУ-БОСТАН** зат. сөйл. *Бау-бақша.*

**БАУДАЙ** сын. *Егіннің, шөптің байланған бумасындай.*

**Баудай қиып түсті.** *Жайратты, қырды.* **Баудай отады [турады, орды, қиды, қырды].** *Қырып салды, жойды.* **Баудай түсті.** *Жаппай қырылды; шетінен сұлады, бірінің үстіне бірі жығылды.* **Бау дай түсірді.** *Қырып салды, жайратып, шетінен сұлатты.* **Баудай тізді.** *Жаппай тұтқындады, бәрін түгел ұстады.*

**БАУ-ЖІП** зат. *Арқан-жіп, бау-басқұр.*

**БАУКЕСЕР: сөздің баукесері.** *Сөздің түйіні, тоқетері, қорытындысы.*

**БАУКЕСПЕ** зат. *Барып тұрған әккі, кәнігі ұры.*

**БАУКЕСПЕДЕЙ** сын. *Баукеспе сияқты.*

**БАУКЕСПЕЛІК** зат. *Баукеспе болушылық.*

**БАУҚАЙШЫ** зат. *Жеміс-жидек бұтақтарын кесуге арналған қатты тісті қайшы.*

**БАУЛА[1]=** ет. **1.** *Буып-түйіп, жіп, баумен байлау.* **2.** *Егінді, шөпті дестелеу, бума етіп байлау.* **3.** ауыс. *Тұтқындау, еркінен айыру.*

**БАУЛА[2]=** ет. *Мақтау, мадақтау, әсірелеу.*

**БАУЛА[3]=** ет. ***Баулы[3].***

**БАУЛАН=** ет. *Егіннің, шөптің дестеленуі, бума етіліп байлануы.*

**БАУЛАНУ** *Баулан етістігінің қимыл атауы; егін шөптің дестеленуі.*

**БАУЛАТ=** ет. *Орылған егінді бау-бау етіп байлату.*

**БАУЛАТТЫР=** ет. *Орылған егінді бау-бау етіп байлаттырыңу.*

**БАУЛАТТЫРУ** *Баулаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЛАТУ** *Баулат етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЛАУ** *Баула етістігінің қимыл атауы; егінді байлау.*

**БАУЛАУЛЫ** сын. *Бауланған, бау болып байланған.*

**БАУЛАУШЫ** зат. сөйл. ***Баулушы.***

**БАУЛУ** *Баулы етістігінің қимыл атауы.* **1.** саят. *Қыран құсты аң алуға дағдыландыру, машықтандыру.* **2.** ауыс. *Тәрбиелеу, тарту, баурау.*

**БАУЛАТЫНДЫ** сын. сөйл. *Тәрбиеленген, үйретілген, бауланған.*

**БАУЛУШЫ** зат. *Тәрбиелеуші, тәлім-тәрбие беруші.*

**БАУЛЫ[1]** сын. **1.** *Бау тағылған, бауы бар.* **2.** ауыс. *Рулы, аталы.*

**БАУЛЫ[2]** сын. *Бау-бақшасы мол, мәуелі.*

**БАУЛЫ=** ет. **1.** *Тәрбиелеу, тарту, баурау.* **2.** *Қандай да бір кәсіпке, өнерге т.б. машықтандыру, үйрету, дағдыландыру.* **3.** *Қандай да бір дағдыға, біліктілікке немесе әрекетке икемдеу, бейімдеу, үйрету, жаттықтыру.* **4.** саят. *Түз қырандарын қолға ұстап, бабына келтіру, аң ұстауға машықтандыру, үйрету.*

**БАУЛЫҚ[1]** зат. **1.** *Киім-кешектің, мүлік-жабдықтың бау тағатын жері, тұтқасы.* **2.** этн. *Киіз үйдің сүйектерін ұстастыру үшін бау тағылатын жері, уықты керегеге бекітетін бауды өткізу үшін жасалған тесігі.*

**Баулығы бекімеді**. *Буыны қатпады, пысып жетілмеді.* **Баулық құрылым.** геол. *Өзгерген тау-жыныстар құрамында қайта кристалдану нәтижесінде қалыптасқан толық кристалды минерал түйірлерінің құрылымдық түрі.*

**БАУЛЫҚ[2]** зат. *Орылған егінді, шөпті баулап байлайтын шиден немесе талдан жасалған байлам, будам.*

**БАУЛЫН=** ет. **1.** *Тәрбиелену, үйретілу.* **2.** *Қандай да бір кәсіпке, біліктілік, дағдыға үйретілу, машықталу.*

**БАУЛЫНУ** *Баулын етістігінің қимыл атауы; үйрену, машықтану.*

**БАУЛЫС=** ет. *Тәрбиелесу, үйретісу.*

**БАУЛЫСУ** *Баулыс етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЛЫТ=** ет. *Тәрбиелету, машықтату.*

**БАУЛЫТУ** *Баулыт етістігінің қимыл атауы; тәрбиелету, машықтандыру, дағды алдыру.*

**БАУПЫЛДА=** ет. *Бақылдап дауыс шығару, әупілдеу.*

**БАУПЫЛДАУ** *Баупылда етістігінің қимыл атауы.*

**БАУРА=** ет. **1.** *Бауырына тарту, өзіне жақын тарту.* **2.** *Өзіне бағындырып икемдеу, қаратып алу.* **3.** *Баулу, тәрбиелеу.* **4.** *Бір істі емін-еркін меңгеру, игеру, толық үйіріп әкету.* **5.** *Иемдену, қолына үйрету.* **6.** ауыс. *Мыжғылау, илектеу.* **7.** ауыс. *Елітy, толғанту, көңілін масаттандыру.*

**Баурап алды.** а) *Өзіне бірден үйір қылды, еркіне көндіріп әкетті.* ә) *Елітіп әкетті, еліттіре тартты, масаттандырды (ұн, әуенге қатысты).*

**БАУРАҒЫШ** сын. *Бауырына тартқыш, үйіріп әкеткіш, меңгергіш, игергіш.*

**БАУРАҒЫШТЫҚ** зат. *Баурағыш болушылық, меңгерушілік, өзіне тартып, үйіріп әкетушілік.*

**БАУРАЙ** зат. *Таудың, жота мен қыраттардың төменгі етегі, бөктері, бауыр жағы.*

**Баурай берді.** *Жағалай қонды.*

**БАУРАЙЛА=** ет. **1.** *Бауыраймен жүру, бөктерлеу.* **2.** *Қақпайлау, қақпалау, шаужайлау.*

**БАУРАЙЛАТ=** ет. *Таудың етегімен бөктерлетіп жүргізу.*

**БАУРАЙЛАТУ** *Баурайлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАУРАЙЛАУ** *Баурайла етістігінің қимыл атауы.*

**БАУРАРЛЫҚ** сын. *Баурайтындай, тәрбиелерлік, елітіп аларлық.*

**БАУРАТ=** ет. *Өзіне икемдеп жуықтату, жақындату.*

**БАУРАТУ** *Баурат етістігінің қимыл атауы.*

**БАУРАУ** *Баура етістігінің қимыл атауы; игеру, меңгеру.*

**БАУСАП** зат. *Қармақ жібін байлаған таяқ.*

**БАУСЫЗ** сын. *Бау тағылмаған, бауы жоқ.*

**БАУША** үст. *Бауға ұқсап, орған бау сияқты.*

**БАУШАРБАҚ** зат. **1.** *Бір үйге тән қора-қопсы, шаруашылық бақ.* **2.** *Ауыл-аймақ.* **3.** *Жеміс бағын және оның төңірегін қоршаған қорған, дуал.*

**БАУШӨП** зат. *Бауланған шөп.*

**БАУ-ШУ** зат. *Киіз үйдің сүйегін ұстастырып, жамылғысының киіз кесектерін бекітуге арналған арқан-жібі, бау-басқұры.*

**БАУШЫ[1]** зат. *Бау байлаушы.*

**БАУШЫ[2]** зат. сөйл. ***Бағбан.***

**БАУЫЗДА=** ет. **1.** *Алқымның астынан пышақпен орып, кесу.* **2.** этн. *Еті адал болу үшін малды немесе құсты сойғанда алқымының немесе мойнының астынан пышақпен орып, қанын ағызып алу.* **3.** *Жыртқыштың тістерімен жемтігін орып құлатып өлтіруі.* **4.** ауыс. *Өлтіру, жою, жоқ қылу.* **5.** ауыс. *Басу, жеңу, бағындыру.*

**Бауыздарман болды.** *Бауыздайтындай болды, өлтірмекші болды.*

**БАУЫЗДАЛ=** ет. **1.** *Азық үшін малдың алқымының астынан пышақпен орылып, қанының ағызылуы.* **2.** *Қырылу, жойылу.* **3.** *Жарақат алу, пышақталу.*

**БАУЫЗДАЛУ** *Бауыздал етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫЗДАМ** зат. *Мойын, тамақтың жіңішке тұсы, бауыздау тұс.*

**БАУЫЗДАС=** ет. **1.** *Мал сойысу.* **2.** ауыс. *Өлтірісу, қырып-жойысу.*

**БАУЫЗДАСУ** *Бауыздас етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫЗДАТ=** ет. *Сойғызу, пышаққа салдыру.*

**БАУЫЗДАТУ** *Бауыздат етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫЗДАТҚЫЗ=** ет. *Сойылатын малды алқымының астынан пышақпен орғызу.*

**БАУЫЗДАТҚЫЗУ** *Бауыздатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫЗДАУ[1]** зат. *Бауыздам, алқым тұсы.*

**БАУЫЗДАУ[2]** *Бауызда етістігінің қимыл атауы; малды тамақтан ала пышақпен ору, сою.*

**Бауыздау жау.** *Нағыз жау, қас дұшпан.* **Бауыздау қан.** *Бауыздағанда аққан таза қан.* **Бауыздау құда.** этн. *Қыз айттыруға ең алғашқы құда болып барған адам; ескі дәстүр бойынша тұңғыш құда түсуге барған адамға арнайы сойылған малға байланысты шыққан атау.*

**БАУЫЗДАУЛЫ** сын. **1.** *Сойылған күйінде, бауыздалған қалпында.* **2.** ауыс. *Қырылған қалпында.*

**БАУЫЗДАУЛЫҚ** зат. *Бауыздайтын жері, бауыздау тұсы.*

**БАУЫЗДАУШЫ** зат. *Малды соятын кісі, қасапшы.*

**БАУЫҚ=** ет. *Суға салынған тарының көптен кейін быртиып ісінуі.*

**БАУЫЛ** зат. ***Зәр.***

**БАУЫР[1]** зат. <лат. hepar> **1.** анат. *Омыртқасыз жануарларда асқорыту және қоректі сіңіру процестеріне қатысатын, адам мен жан-жануарлардың ең үлкен асқорыту безі, ағза мүшесі.* **2.** мед. *Адамның ағзасындағы асқорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биохимиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі.* **3.** *Жан-жануардың дене тұрқының бауыр орналасқан ішкі жағы, қолтық тұсы.* **4.** *Адамның құшағы.* **5.** ауыс. *Таулы, жоталы, дөңді жерлердің сырт жағына қарама-қарсы ой жағы, баурайы, етегі.* **6.** ауыс. *Көлдің, өзеннің шұрайлы жағалауы, жағасы.* **7.** тамақ. *Малдың тамаққа пайдаланылатын ішкі мүшесі.* **8.** ауыс. *Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы.* **9.** ауыс. *Машине, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы, жерге тиер жағы.*

**Бауыр ацинусы.** анат. [лат. acinus hepatis, лат. acinus – жидек, hepar – бауыр]. *Бауырдың құрылымдық және қызметтік бірлігі.* **Бауыр басты.** а) *Жақын тартты, туысындай көрді, жүрегі елжіреді.* ә) *Үйренді, көңілі байланды.* б) *Үйір болды, дағдыланды.* **Бауыр басысты**. *Жақын туыстай болып кетті, қатты үйренісіп, жақын болып кетті.* **Бауырға алды.** а) *Қамқорлығына алды, мейірімділік танытты.* ә) *Мал төлін емізді.* **Бауырға алу.** *Өзіне үйір етіп тартып, баулу.* **Бауырға ел тарттырмады.** *Елге жақын болмады, көпшілікті ұнатпады, жатжұрттанды.* **Бауырға [бауырына] тартты.** *Өзіне жақын тартты, туыс көрді.* **Бауыр ет**. а) сөйл. ***Көкет*** *(көкірек қуысындағы бауыр орналасқан аймақтағы ет).* ә) *Тым аяулы, өте жақын, қымбатты.* **Бауыр етін езді.** *Мейірлендірді, жүрегін елжіретті.* **Бауыр [бауырын] жазды.** а) *Еркіндеп шапты, жүрісін үдетті.* ә) *Емін-еркін сөйледі, шабыттана қимылдады.* б) *Азат болды, еркіндікке жетті.* в) *Есейді, өсті.* **Бауыр киіз.** этн. *Түйеге жүк артқанда, түйе бауырына жіп батпас үшін бауыр тұсынан төс арқанға кигізіп қоятын жең сияқты тігілген киіз.* **Бауыр көтерді**. *Тұра бастады, төрт аяғын тең басып тұратын, жүретін болды, өсті.* **Бауыр циррозы.** мед. <лат. hepar – бауыр, грек, kirros – сары, лимон түстес сары> *Байланыстырушы тіндерінің өсіп кетуінен туатын, бауырдың негізгі қызметінің бұзылуы, ауру түрі, шемен.* **Бауыры балқыды**. *Елжіреді, мейірленді.* **Бауыры бүтін [басы есен]**. *Бірге туғандары аман-сау, өзінің басы аман, сау-саламат.* **Бауыры бітті**. жерг. *Жүрегі елжіреді, езілді, жаны ашыды.* **Бауыры елжіреді [езілді].** *Ет жүрегі елжіреп, жақсы көрді.* **Бауыры жазылды.** *Әбден төселіп алған соң еркін шапты, шабысы үдеді.* **Бауыры қатты**. *Қатал, қатыгез, мейірімсіз.* **Бауыры құт.** *Ен байлыққа толы, ырыс, береке.* **Бауыры құтсыз.** а) *Жұртқа жақсылығы жоқ, берекесі мен ынтымағы жоқ.* ә) *Бала тұрмайтын; бала тумаған, пұшпағы қанамаған.* **Бауырымен жер сызды.** *Жер бауырлады, бауырымен жорғалады.* **Бауырымен жорғалаушылар.** зоол. <лат.

reptilia> *Кесірткелер, жыландар, тасбақалар мен қолтырауын отрядтарынан тұратын, омыртқалы жануарлар тобына жататын жәндіктер.* **Бауырына басты.** а) *Жақсы көріп, мейірленгендіктің нышанын білдіретін, аймалап төсіне қысу, құшу, құшақтау қимыл-ишараты.* ә) *Асырап алды, бала қылып алды, тәрбиеледі.* б) *Меншіктенді, иемденді.* в) *Алқымдады, қуып жетті.* г) *Қанатының астына алды (құс туралы).* **Бауырына кірді [тығылды].** а) *Іш жағынан алды.* ә) *Қорғалады, панапалады.* б) *Өзіне баурап алды, тартып, еліті әкетті.* **Бауырына қысты.** *Жақсы көргенді, мейірленгенді білдіретін, өзіне тарту, төсіне басу, құшақтау қимыл-ишараты.* **Бауырынан жараған.** э т н. *Әбден қатып-семіп ысылған, тері алынып жараған (ат).* **Бауырынан [кіндігінен] жарады.** ф о л ь к. *Жақсы бапталды, бабына келді.* **Бауырына салды.** а) *Асырап алды.* ә) *Жаңа туған төлді еміздіру үшін енесінің бауырына жақындатты.* **Бауырына тартты.** а) *Өзіне жақындатты, құшақтады.* ә) *Іш тартты, өзіне жақындатып өзімсінді.* **Бауырында болды [өсті].** *Біреудің асырауында болды, тәрбиесін алды.* **Бауырын елжіретті.** *Ет-жүрегін елжіретті, көңілін, жүйкесін босатты.* **Бауырын жаздырмады.** а) *Атты бар пәрменімен шаптырмады, еркіне жібермеді, тізгінін тежеп ұстады.* ә) *Бір іске еркін, батыл кірісе алмады деген мағынада да жұмсалады.* **Бауырын жарып шыққан.** *Туған бала, іштен шыққан перзент.* **Бауырын кескіледі.** б е й н. *Жанына қатты батты, ауыр тиді.* **Бауырын қайғы тілді.** *Қатты қайғырды.* **Бауырын төседі.** а) *Аунап-құнады, емін-еркін жатты.* ә) *Кеудесін кеудесіне тақады, қойды.* **Бауыры суыды.** *Денесі суып, күдер үзді.* **Бауыры суық қара жер.** п о э т. *Рақымсыз, қатыгез ажал.* **Бауыры тартылған [тартыңқы].** *Іші, бүйірі әдеттегіден жіңішкеріп тартыңқы келген, солған, жараған.* **Бауыры тартылды.** *Ат әбден жарап, күйіне келді.*

**БАУЫР**[2] з а т. **1.** *Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар.* **2.** *Бір әкеден туған ағайынды адамдар.* **3.** *Әйел адамның кіші інісі.* **4.** *Жамағайын, жақын адам, туысқан.*

**Бауыр санады.** *Жақын тұтты.* **Бауыр тұтты [көрді].** *Жақын тартты, қимас туысындай көрді.*

**БАУЫРАЯҚ** з а т. э т н. *Бала еңбектей бастағанда жасалатын бас қосу, дастарқан жаю ырымы.*

**БАУЫРАЯҚТЫЛАР** з а т. з о о л. *Өзен, суларға өмір сүріп, тіршілік ететін ұсақ жәндіктер тобы.*

**БАУЫРДАЙ**[1] с ы н. *Бауыр сияқты.*

**Бауырдай қатты.** *Қатты ұйқыға батты.* **Бауырдай тілді.** *Жұмсақ бауыр сияқты тілмеледі, тілгіледі.* **Бауырдай ұйыған.** *Қоймалжың тартқан.*

**БАУЫРДАЙ**[2] с ы н. *Бірге туған бауыры секілді, туыс адамындай.*

**БАУЫРДАҚ**[1] з а т. *Ершікке, ер-тұрман әбзелдеріне, қамшы т.б. тағатын айыл, жалпақ қайыс.*

**БАУЫРДАҚ**[2] з а т. *Бауырсақ пен қуырдақтың қосындысынан тұратын қазақтың ұлттық тағамы.*

**БАУЫРДАҚТЫ** с ы н. *Бауырдағы бар, бауырдақ салынған.*

**БАУЫРЖІП**[1] з а т. *Түйені шөгеріп жүк артқанда төсінен ала ұзынынан тастайтын арқанша; түйенің төс арқаны.*

**БАУЫРЖІП**[2] з а т. б о т. *Аквариумда өсетін жіңішке, нәзік өсімдік.*

**БАУЫРКӨППЕ** з а т. *Ыдысқа, зеренге бетімен бет болып салынатын дән өлшемі.*

**БАУЫР-ҚАРЫНДАС** з а т. *Ағайын-туыс, жақын-жұрағат, көпшілік.*

**БАУЫРҚҰРТ**[1] з а т. <лат. Fasciolosis> *Ұзындығы 1–2 см көлденеңі 1 см түрі жапырақша келген, қой, ешкі, сиырларда болатын құрт және құрт ауруы, дерт.*

**БАУЫРҚҰРТ**[2] з а т. б о т. *Жетісу аймағында өсетін ағаштардың бір түрі.*

**БАУЫРҚҰРТТАЙ** с ы н. *Бауырқұрт сияқты, бауырқұр тәрізді.*

**БАУЫРЛА** ү с т. **1.** *Етпетінен жерге жатып, бауырымен жылжу.* **2.** *Етпетінен, бауырын ішіне алып жату.* **3.** *Құстың жерге жақындап, төменден ұшуы.* **4.** *Атты бауырды ала қамшылау, осып жіберу.* **5.** *Тауды, қырды, дөңді бөктерлей жүру, етектей өту.* **6.** *Қарға, суға, батпаққа т.б. бауырға дейін бату.* **7.** а у ы с. *Алқымдау, жуықтау.*

**Бауырлап алды.** *Тебініп, қамшымен атты бауырынан осып-осып жіберді.*

**БАУЫРЛАР** з а т. *Бір іске жұмылдыру мақсатында, үндеуде рухани жақын арқа сүйеушісі ретінде көпшілікке қарата айтылатын атауыш.*

**БАУЫРЛАС** с ы н. **1.** *Бірге туылған, туыс тас.* **2.** *Арманы, ой-тілегі бір, тілектес, мүдделес, достас.* **3.** а у ы с. *Мөлшерлес, шамалас, жуықтас.*

**БАУЫРЛАС=** е т. **1.** *Туыстасу, жақын болу, достасу.* **2.** а у ы с. *Бір-бірімен ұласу, жалғасу.*

**БАУЫРЛАСТЫҚ** з а т. **1.** *Бауырлас болушылық, туыстастық, жақындық, достық.* **2.** *Достастық, ниеттестік, мүдделестік, алыс еместік, бірге туғандай болушылық.*

**БАУЫРЛАСТЫР=** е т. *Жақындастыру, достастыру, біріктіру.*

**БАУЫРЛАСТЫРУ=** е т. *Бауырластыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРЛАСУ** *Бауырлас етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРЛАУ** *Бауырла етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРЛАТА** ү с т. **1.** *Төмендете, жермен бауырлай.* **2.** а у ы с. *Жорғалата, зырлата.*

**БАУЫРЛЫ**[1] з а т. *Бауыры, бауырдағы бар.*

**БАУЫРЛЫ**[2] с ы н. *Бауыры көп, туыстары бар.*

**БАУЫРЛЫҚ** с ы н. *Жақындық, туысқандық, туғандық, бауырластық.*

**БАУЫРМАЛ** с ы н. **1.** *Туысқаншыл, ағайыншыл.* **2.** *Жақын тартқыш, мейірімді, жанашыр.* **3.** *Кісіні сыртқа теппейтін, ынтымақшыл.* **4.** а у ы с. *Жайдары, жылы, жағымды, ашық, жарқын.*

**БАУЫРМАЛДЫ** с ы н. с ө й л. ***Бауырмал.***

**БАУЫРМАЛДЫҚ** з а т. **1.** *Бауырмал болушылық, ағайыншылдық, туысқаншылдық.* **2.** а у ы с. *Кішіпейілділік, жанашырлық, ілтипаттық; бәрін бірдей жақын, туыс көрушілік.*

**БАУЫРМАЛДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Бауырмалдық.***

**БАУЫРМАЛСУ** *Бауырмалсы етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРМАЛСЫ=** е т. *Ағайын болғансу, туысқансу, жанашыр болғансу.*

**БАУЫРМАЛШЫЛ** с ы н. *Өте бауырмал, туысшыл, бауырлас, достас.*

**БАУЫРМАЛШЫЛДЫҚ** з а т. *Бауырмал болушылық, туысқаншылдық, жұртты бауырына тартып, жақын көрушілік.*

**БАУЫРМАЛШЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Бауырмалдық.***

**БАУЫРМАШЫЛ** с ы н. с ө й л. ***Бауырмалшыл.***

**БАУЫРМҮК** з а т. б и о л. <лат. hepatica> *Тянь-Шань ормандарында өсетін мүк, содан жасалған, бауырды емдейтін дәрі.*

**БАУЫРСАҚ**[1] з а т. э т н. т а м а қ. *Ашытылған немесе ашытылмаған қамырдан кішіректеу етіп, түрлі формада кесіп, майға пісірген ұлттық тағам.*

**Бауырсаққа илеген нандай.** б е й н. *Мылжа-мылжасы шыққан, әбден қалжыраған.* **Бауырсақ мұрын.** *Домалақ келте мұрын.* **Бауырсақты жемейтін, қара нанды қашыр-қашыр шайнады.** с ө й л. *Басына күн туғанда күнделікті нәсіп етілген ризалықтардың қадірін түсінді, бағасын білді.*

**БАУЫРСАҚ**[2] с ы н. *Бауырмал, туысқаншыл.*

**БАУЫРСАҚТАЙ** с ы н. **1.** *Бауырсақ тәрізді, бауырсақ сияқты.* **2.** а у ы с. *Толық, семіз, ірі.*

**Бауырсақтай жайылды [бытырады].** *Шашырады, тарады.* **Бауырсақтай шашты.** а) *Бұйым көрмеді: шыбын құрлы көрмеді; салмағын түк сезінбеді.*

**БАУЫРСЫЗ** с ы н. *Бауыры жоқ, жанашыры жоқ, туыссыз.*

**БАУЫРСЫН=** е т. *Бауыр санау, туысым деп жақын көру.*

**БАУЫРСЫНУ** *Бауырсыну етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРСЫРА=** е т. *Бауырын сағыну, туысқансырау.*

**БАУЫРСЫРАУ** *Бауырсыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРША**[1] ү с т. *Бауырға ұқсап, бауыр сияқты.*

**Бауырша тілді.** *Оңай жыртты, қиналмай тілді.*

**БАУЫРША**[2] ү с т. *Туған не жақын туысша, соған ұқсап.*

**БАУЫРШӨП** з а т. б о т. <лат. hepatica> *Сарғалдақтар тұқымына жататын, жапырағы қалың, күлгін-жасыл не ақ гүлі бар, ерте гүл шашатын, мәңгі көгеріп тұратын өсімдік.*

**БАУЫРШЫ** з а т. *Ханның ас-су, дастарқан жайын басқарушы.*

**БАУЫРЫМ** з а т. **1.** *Жасы кіші ер адамды өзімсініп, жақын тұту нышанымен айтылатын атауыш.* **2.** *Ер адамның өзі шамалас немесе жасы кіші бейтаныс ер адамға айтылатын қаратпа атауыш.* **3.** *Ағайын-туған, жақын-туысына, ел-жұртына қарата айтылатын атауыш.* **4.** э т н. *Қайтыс болған адамға айтылатын атауыш мағынадағы жоқтау сөз.*

**БАУЫРЫМДА=** е т. **1.** *Туған-туысын, ағайынын, жанкүйер жақынын азап-қорлық көргенде, қиналғанда жәрдемге шақыру.* **2.** э т н. *Қайтыс болған адамын жоқтау, азалап жылау.*

**Бауырымдап шапты.** *Ауылдық жердегі салт бойынша қаза болған адамның үйіне қарай ат қойып, айқайлап, жылап келді.*

**БАУЫРЫМДАС=** е т. *Кісі қазасында бауырым-бауырым деп шуласу, жыласу.*

**БАУЫРЫМДАСУ=** *Бауырымдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРЫМДАТ=** е т. **1.** *Бауырым, бауырым деп жылап-сықтау.* **2.** *Жапа-тармағай ағылту, жөнелту, құю, ағызу.*

**БАУЫРЫМДАТУ** *Бауырымдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАУЫРЫМДАУ** *Бауырымда етістігінің қимыл атауы; жоқтау.*

**БАУЫРЫМДАУШЫ: ой бауырымдаушы** *Өлген адамды жоқтаушы, қазалы ауылға бауырымдап ат қоюшы.*

**БАУЫРЫНТЫҚ** з а т. *Қозы-лақтың ішек-қарнына жел тимей, суық қадалмас үшін тағылатын, жылылап киізден жасалған байламша.*

**БАХАЛАС=** е т. *Тайталасу, бәсекелесу, таласу, айтысу.*

**БАХАР** [ар. بهار] зат. *Теңіз, көл.*

**БАХАС** зат. сөйл. ***Бақас.***

**БАХАС =** ет. *Әңгімелесу; пікірлесу; талқыға салу.*

**БАХАСШЫЛ** сын. ***Бақасшыл.***

**БАХАИ** [ар. بهائي] зат. *Діни ағым өкілдері.*

**БАХИЛ**[1] зат. *Сый, сыйлық.*

**БАХИЛ**[2] сын. *Сараң, қызғаншақ.*

**БАХИЛДАС=** ет. *Қоштасу.*

**БАХИЛДАСУ** *Бахилдас етістігінің қимыл атауы.*

**БАХИС** зат. *Зерттеуші, ғалым.*

**БАХР** зат. *Теңіз.*

**БАХРИ** зат. *Мейірім, әдептілік, ізеттілік.*

**БАХРЫ** [ир. بهار] зат. ескікіт. *Көктем, жазғытұрым.*

**БАХТАХ** зат. зоол. <лат. salmo> *Албырт тұқымдасына жататын балық; бақтақ, форель.*

**БАХТИЯР** [ар. بختيار] зат. *Иранның оңтүстік батысын мекендейтін түркі тектес халық.*

**БАХУС** зат. миф. *Ежелгі римдік мифологияда өсімдіктердің, шараптың, көңіл көтерудің құдайы; жүзім өсіру мен шарап жасаудың пірі.*

**БАХШИШ** зат. *Сыйлық.*

**БАХШЫ** зат. сөйл. *Жыршы, жырау.*

**БАХЫЛ** зат. *Кешірім, келісу.*

**БАХЫМ: бахым қылды.** жерг. *Үлгі етті.*

**БАХЫС** [ар. بحث] зат. *Талас, тайталас, тәжіке.*

**БАҺ** од. **1.** *Таңырқау, таңдануда айтылатын көңіл-күй одағай.* **2.** *Қатты шыққан тарс-тарс дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БАҺА**[1] зат. ***Баға.***

**БАҺА**[2] зат. *Сұлулық, әдемілік; жалт-жұлт ету.*

**БАҺАДҮР** [ир. بهادر] зат. ескікіт. ***Батыр.***

**БАҺАДҮРЛІК** сын. *Баһадүрге тән, баһадүрге қатысты.*

**БАҺАНА** [парсы. ] зат. *Сылтау, себеп.*

**БАҺАР** [ир. بهار] зат. ескікіт. **1.** *Көктем кезі жазғытұрым уақыт.* **2.** ауыс. *Қымбатты, қадірлі.* **3.** ауыс. *Жанар, нұр.*

**БАҺАР** [ир. بهار] зат. *Тағдыр, жағдай.*

**БАҺАРЛЫ** сын. ескікіт. **1.** *Жайлы, шуақты, нұрлы.* **2.** ауыс. *Өнегелі, үлгілі.*

**БАҺАУИ** сын. *Әдемі, жылтырақ.*

**БАҺЗА** [ир. بهزاد] зат. *Үлгі, өнеге, тәлім.*

**БАҺРА** [ир. بهره] зат. ескікіт. тар. *Пайда, олжа, нәтиже.*

**БАҺШАТ** зат. ескікіт. *Жұмақ, гүлденген бау-бақшалы жер.*

**БАЦИЛДЕР** [лат. bacillum] зат. биол. *Даму кезеңінің кейбір жағдайларында денесінен бір ғана спора шығаратын, таяқша тәрізді бактериялар.*

**БАЦИЛЛА** [лат. bacillum] зат. *Спора түзетін, пішіні таяқша тәріздес ұсақ микроб.*

**БАЦИТРАЦИН** [ағыл. bacitracin] зат. биол. *Бактериялар түзетін антибиотик.*

**БАШАЙ** зат. ***Башпай.***

**Башайдан тартты**. *Етектен тартты, балақтан алды, кедергі жасады.* **Башайды шағып қарады**. *Ақтарып-төңкеріп қарады.*

**БАШАЙЛА=** ет. *Тәптіштеу, бажайлау, егжей-тегжейіне жету, айту.*

**БАШАЙЛАТ=** ет. *Башайына дейін батыру.*

**БАШАЙЛАТУ** *Башайлат етістігінің қимыл атауы.*

**БАШАЙЛАУ** *Башайла етістігінің қимыл атауы.*

**БАШАЙЛЫ** сын. *Башайы бар.*

**БАШАҚ**[1] зат. жерг. *Қауынның, қарбыздың ұрығы, дәні.*

**БАШАЛШІК** зат. сөйл. *Ұсақ саудагер, бақалшы.*

**БАШАП** зат. *Күзетші, жендет.*

**БАШАР** зат. *Адамзат, адам баласы.*

**БАШАТ** зат. ескікіт. *Бұлақ-бастаулы, сулы, нулы жер.*

**БАШЕ** зат. *Бала.*

**БАШҚҰРТ** зат. *Башқұртстан Республикасының байырғы халқы, түркі халықтарының бірі.*

**Башқұрт тілі.** *Қыпшақ-бұлғар тобына жататын түркі тілі.*

**БАШЛЫҚ** зат. *Үстіге жамылатын жауын-шашынға киетін киімнің жағасына қоса тігілген сулық, күләпара.*

**БАШМАҚ** зат. *Үй ішінде киетін өкшесіз жеңіл, жұмсақ аяқ киім.*

**БАШПАЙ** зат. *Аяқтың бақайы, башайлары.*

**БАШПАЙЛА=** ет. *Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету, анықтау.*

**БАШПАҚ** зат. сөйл. ***Башмақ.***

**БАШЫРАТ** зат. *Хош хабар.*

**БАЩА-КЕЩЕЛЕП** үст. сөйл. *Ежіктеп; егжей-тегжейлеп, тәптіштеп.*

**БАЮ=** ет. *Байы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дүние-мүлкі молаю, көбею, дәулеті арту.* **2.** ауыс. *Бұрынғы қалпынан мазмұны тереңдеу, өресі биіктеу.*

**БАЯ**[1] зат. сөйл. ***Пая.***

**БАЯ**[2] сын. *Ашуланшақ, бақырауық, беймаза.*

**БАЯ**[3] сын. жерг. *Жаңадан өсіп келе жатқан, жас өскен, аласа, бөкене.*

**Бая қуды**. *Бұта-бұтаны, отты жерді қуалай, өрістете мал жайды.*

**БАЯБАН** [ир. بیابان] сын. *Құлазыған шөлді, жапан. // Шөл дала, түз, сахара.*

**БАЯҒЫ** үст. **1.** *Бұрынғы кездегі, ертедегі, атам заманғы, ежелгі, бағзы.* **2.** сөйл. *Әлгі, кәдімгі, өзіміз білетін.* **3.** *Әдепкі, сіңісті, кәдімгі, әдеттегі, қалыптағы, әйтеуір.*

**Баяғы заман.** *Ерте кез, өткен заман.* **Баяғы бір заманда, дін мұсылман аманда.** *Ескі сенім бойынша дастан, қиссада, аңыз-әңгіме, ертегіде т. б. «атам заманда, ел-жұрт тыныштық кезде, ертеде» деген ұғымда кездеседі.* **Баяғы қалпында.** *Бұрынғы күйінде, өзгеріссіз.*

**БАЯҒЫДА** үст. **1.** *Ертеде, ерте кезде, бұрынғы уақытта.* **2.** *Әлдеқашан, атам заманда, көп уақыт бұрын.* **3.** фольк. *Ертегі, аңыз, әпсаналарды. баяндарда бастап айтылатын, ертеде, ерте заманда деген мағынаны білдіретін сөз.*

**БАЯҒЫДАҒЫ** үст. *Ерте кездегі, ежелгі.*

**БАЯҒЫДАҒЫДАЙ** сын. сөйл. ***Баяғыдай.***

**БАЯҒЫДАЙ** үст. **1.** *Бұрынғыша, өткен уақыттағыдай, өткендегіше.* **2.** *Әдеттегідей, үйреншікті қалыптағыдай.*

**БАЯҒЫДАН** үст. *Ерте кезден, бұрыннан, ежелден, атам заманнан.*

**БАЯҒЫСЫНДАЙ** сын. *Әдеттегісіндей, бұрынғысындай.*

**БАЯҒЫСЫНША** үст. *Бұрынғы қалпынша, әдеттегісінше.*

**БАЯҒЫША** үст. *Баяғы қалпынша, бұрынғыша, әдеттегісінше.*

**БАЯЖАН** зат. *Бағаналы, сулы, шұратты жер.*

**БАЯЗДА=** ет. сөйл. ***Байызда.***

**БАЯКЕДЕЙ** зат. жерг. *Бәрі бірдей тақыр кедей.*

**БАЯЛДАТ=** ет. сөйл. ***Баяулат.***

**БАЯЛДАТУ** *Баялдат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯЛДЫ** зат. биол. **1.** *Алқа тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің жемісі.*

**БАЯЛЫШ** зат. биол. <лат. salsola arbuscula> *Алабұталар тұқымдасы, сораң тұқымдасына жататын шөлді, шөлейт жерге өсетін, биіктігі 40-100 см-дей сұр я боз түсті тікенекті өсімдік, бұта.*

**БАЯЛЫШТЫ** сын. *Баялыш көп өскен, баялышы қалың.*

**БАЯН**[1] [ир. بیان] зат. *Тұрақ, тұрлау, тиянақ, опа.*

**Баян таппады**. *Тұрақ таппады, опа көрмеді.* **Баяны болды.** *Нәтижелі, жемісті болды.* **Баяны жоқ**. *Тұрлауы жоқ, тұрақсыз, байлаусыз.*

**БАЯН**[2] зат. *Болып өткен оқиғаның мазмұны, жайы, жөні.*

**Баян айтушы.** *Белгілі бір оқиғаны баяндаушы, баян етуші.* **Баян болды.** а) *Белгілі болды, анық, мәлім болды, айқындалды.* ә) *Баяндалды, сөз болды.* **Баян етті [қылды].** *Көрген-білгенді айтып жеткізді, баяндады, хабарлады.* **Баяны жоқ.** *Тұрақсыз, байлаусыз фәни.*

**БАЯН**[3] зат. муз. *Саусақпен басып ойнайтын қатар-қатар тілдері бар, орыс халқының сазды аспабы, үлкен гармон.*

**БАЯНАТ** зат. ресми. <франц. rapport> *Жоғары құзырлы орындарға бағытталған ауызша немесе жазбаша түрдегі ресми мәлімдеме, рапорт.*

**БАЯНДА**[1]**=** ет. *Тұрақтау, орнығу, байыздау.*

**БАЯНДА**[2]**=** ет. **1.** *Болған істі, оқиғаны хабарлау.* **2.** *Мәлімдеу, түсіндіру, жеткізу.* **3.** пед. *Оқу материалдарының мазмұнын белгілі жүйемен түсіндіру.* **4.** әск. *Ақпар беру, болған оқиғаны, орындалған істі тез, қысқаша айтып шығу.*

**БАЯНДАЛ=** ет. *Хабарлану, мағлұмат берілу, сипатталу.*

**БАЯНДАЛУ** *Баяндал етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯНДАМА** зат. ресми. **1.** *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын кең ақпар, хабарлама.* **2.** *Мекеме басшысына, жауапты басшыға айтылатын ауызша немесе жазбаша түсініктеме.*

**Баяндама жасады [қылды].** *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста сөйледі, кең ақпарат берді, хабарлады.*

**БАЯНДАМАША** зат. *Қысқаша баяндама.*

**БАЯНДАМАШЫ** зат. *Баяндама жасаушы, баяндама оқитын адам.*

**БАЯНДАНДЫР=** ет. *Тұрақтандыру, тиянақтандыру.*

**БАЯНДАНДЫРУ** *Баяндандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯНДАС=** ет. *Әңгіме етісу, сөз етісу.*

**БАЯНДАСУ** *Баяндас етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯНДАТ=** ет. *Хабарлату, мәлімдеу, айтқызу, жаздыру.*

**БАЯНДАТУ** *Баяндат етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯНДАУ** *Баянда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Болған істі, оқиғаны хабарлау, айтып беру, сипаттау.* **2.** әдеб. *Оқиғаны автордың өз сөзімен беру.* **3.** пед. *Оқу материалының мазмұнын белгілі бір жүйемен түсіндіру.*

**БАЯНДАУШЫ** зат. **1.** *Әңгімені, оқиғаны айтушы, хабарлаушы.* **2.** сөйл. ***Баяндамашы.***

**БАЯНДАУШЫЛЫҚ** зат. *Әңгімелеп берушілік, сипаттаушылық.*

**БАЯНДАУЫШ** зат. лингв. *Бастауыштың ісін, қимылын, заттың, сындық және басқа сапаларын білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақты етіп тұратын тұрлаулы мүше.*

**БАЯНДҮР** зат. *Қазіргі Моңғолия жерінде ерте заманда болған түркі тілдес тайпа.*

**БАЯНДЫ**[1] сын. **1.** *Орнықты, тұрақты, тиянақты, тыңғылықты, табанды.* **2.** *Нәтижелі, жемісті, игілікті.*

**Баянды болсын.** тілек. *Ұзағынан сүйіндірсін, құтты болсын.* **Баянды болыңдар.** тілек. *Игілікті, ұзақ өмірлі болыңдар.* **Баянды етті.** *Тұрақтатты, тиянақтандырды, нәтижелі етті.*

**БАЯНДЫ**[2] сын. сөйл. *Баяны бар.*

**БАЯНДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Тиянақтылық, тұрлаулылық, орнықтылық, тұрақтылық; ұзақтығы.* **2.** *Нәтижелілік, жемістілік, игілік.*

**БАЯНСЫЗ**[1] сын. *Тұрақсыз, тұрлаусыз, опасыз, тиянақсыз, қысқа.*

**Баянсыз бақыт.** *Тұрақсыз бақ, уақытша қуаныш.*

**БАЯНСЫЗ**[2] сын. *Баяны жоқ.*

**БАЯНСЫЗДЫҚ** зат. сөйл. *Баянсыз болушылық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық, тиянақсыздық.*

**БАЯНШЫ** зат. *Баян тартушы, гармоншы.*

**БАЯПЫЛ** зат. жерг. *Арыққа салынған кішкене көпір.*

**БАЯПЫР** сын. *Мазасыз, беймаза.*

**БАЯР** зат. *Қожа, бастық.*

**БАЯТ** зат. *Моңғолияның Убсунур аймағын мекендейтін халық.*

**БАЯУ** үст. **1.** *Жай, ақырын.* **2.** *Сылбыр, кенеу, марқау.* **3.** ауыс. *Жайбарақат, тыныш.*

**Баяу балқитын қорытпалар.** кен. *Темірдің балқу температурасынан (1539°С) жоғары температурада балқитын қорытпалар.* **Баяу тартты.** *Самарқауланды, саябырланды, жалқауланды.*

**БАЯУҚЫРА=** ет. сөйл. *Ақырындап, жайымен қозғалыңқырау.*

**БАЯУЛА=** ет. **1.** *Ақырындау, жайырақ қимылдау.* **2.** *Саябырлау, бәсеңдеу, солғындау, азаю.*

**БАЯУЛАН=** ет. *Ақырындау, жай қимылдау.*

**БАЯУЛАНУ** *Баяулан етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУЛАҢҚЫРА=** ет. *Жайлаңқырау, ақырындату, саябырлаңқырау.*

**БАЯУЛАҢҚЫРАУ** *Баяулаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУЛАТ=** ет. **1.** *Ақырындату, жайырақ қимылдату.* **2.** *Бәсеңдету, саябырлату, дауысын ақырындату.*

**БАЯУЛАТУ** *Баяулат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бәсеңдету, саябырлату, тоқтату.* **2.** *Ақырындату, жай қимылдату.*

**БАЯУЛАТЫҢҚЫРА=** ет. *Жайлатыңқырау, шабандатыңқырау, ақырындатыңқырау.*

**БАЯУЛАТЫҢҚЫРАУ** *Баяулатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУЛАУ** сын. **1.** *Ақырынырақ, жайырақ, бәсең.* **2.** *Кешеуілдеу, кейіндеу, кейінірек.*

**БАЯУЛАУ** *Баяула етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУЛЫ** сын. *Мұңды, жабыңқы, жабырқаңқы.*

**БАЯУЛЫҚ** зат. *Жайбарақаттық, сылбырлық, шабандық.*

**БАЯУСУ** *Баяусы етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУСЫ=** ет. **1.** *Жайбарақатсу, бәсеңсу, сылбырсу, шабандау.* **2.** *Маңғазсу, сабырлы болғансу.*

**БАЯУСЫН=** ет. *Жайбарақаттану, бәсеңсу, саябырсу.*

**БАЯУСЫНУ** *Баяусын етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУСЫРА=** ет. *Бәсеңдеу, ақырындау.*

**БАЯУСЫРАУ** *Баяусыра етістігінің қимыл атауы.*

**БАЯУСЫТ=** ет. *Бәсеңсіту, тежеу, саябырсыту.*

**БАЯУСЫТУ** *Баяусыт етістігінің қимыл атауы; жайлату, бәсеңдету.*

**БАЯУЫРАҚ** сын. *Ақырынырақ, жайырақ.*

**БАЯ-ШАЯ: бая-шая болды [шықты].** *Күйіп-пісіп, шыж-быж болды.* **Бая-шая күн кешті.** *Шыж-быж, ашушаң, у-шу болып өмір сүрді.* **Бая-шая шықты.** *Есі шықты, быжылдады.*

**БӘБІСЕК** зат. зоол. **1.** *Төбесінде айдары бар, сарала түсті құс, сасық көкек.* **2.** <лат. upupa epops> *Көгілдір құстар отрядына жататын құс.*

**БӘДӘУИ** зат. сөйл. **Бәдеуи.**

**БӘДБАҚЫТ** [ир. بد بخت] сын. **1.** *Бақытсыз, ырыссыз.* **2.** ауыс. *Қарабет, оңбаған, арсыз.*

**БӘДДАРЛЫҚ** [ир. بيدار] зат. ескікіт. *Шыдамдылық, табандылық, беріктік.*

**БӘДДҰҒА** [ар. بددعا] зат. діни. *Теріс дұға, теріс бата, қарғыс.*

**Бәддұғаға ұшыраған найсап!** *Жақсы ат алып көрмеген кәззап, ел алдаған құ деген мағынада.* **Бәддұғаға ұшырады.** *Жаманат, қарғыс алды.* **Бәддұға қылды.** *Теріс бата берді, қарғады.*

**БӘДЕЛ** [ир. بدل]: **бәдел қажы.** зат. діни. *Басқа адам есебінен Меккеге барып келген адам.*

**БӘДЕН**[1] зат. өс. <лат. anisum> *Баубақшада, үй маңында, далалы жерлерде өсетін шатырша гүлділер тұқымдастарына жататын біржылдық, эфирлі-майлы хош иісті шөптесін өсімдік.*

**БӘДЕН**[2] зат. жерг. *Көрік, шырай, өң, бет-ажар.*

**БӘДЕН-БЕДЕР** зат. *Түр-тұлға, мән-мағына.*

**БӘДЕНДЕС** сын. *Өңдес, реңдес.*

**БӘДЕНДІ** сын. *Көрікті, реңді, ажарлы.*

**БӘДЕНСІЗ** сын. *Әрсіз, өңсіз, көріксіз, кескінсіз.*

**БӘДЕУИ** [ар. بدوي] зат. *Шөлді, құмды жерлерді жайлаған көшпелі арабтардың бір тайпасы.*

**БӘДИЯ** [ар. بادية] зат. ескікіт. *Шөл дала.*

**БӘДҚҰНДЫЗ** зат. *Жүні күмісше жылтыраған, терісі қымбат, бағалы қара құндыз.*

**БӘДПАРАСАТТЫЛЫҚ** [ир. بد] зат. *Жаман, арам ойлылық.*

**БӘДПИҒЫЛ** [ир. بد] сын. *Пейілі жаман, арам пиғыл, бұзық.*

**БӘДІЗ** зат. *Тастан шауып, қашалып жасаған мүсін, өрнек жазу.*

**БӘДІЗДЕ=** ет. *Қашау, жазу, өрнектеу.*

**БӘДІЗДЕЛ=** ет. **1.** *Қашалу, өрнектелу, қашап жазылу.* **2.** ауыс. *Бейнелену, жазылу.*

**БӘДІЗДЕЛУ** *Бәдіздел етістігінің қимыл атауы.*

**БӘДІЗДЕУ** *Бәдізде етістігінің қимыл атауы.*

**БӘДІЗШІ** зат. *Тастан қашап, қырнап, оймыштап түрлі бұйымдарды безендіруші, өрнектеуші шебер.*

**БӘДІК**[1] зат. **1.** *Малға, адамға жұғатын, індет, айналма ауру.* **2.** фольк. *Ауру адамды, малды емдеу мақсатында он бір буынды қара өлең үлгісімен айтылған тұрмыс-салт жырларының бір түрі.* **3.** ауыс. *Мылжың, мәнсіз, көп сөйлейтін адам. // Мылжың, мәнсіз, бос.*

**Бәдік айтты.** *Бәдік жырын айтты.* **Бәдік айтыс.** фольк. *Сиқырлау, арбау нанымынан пайда болған айтыс.* **Бәдік болған танадай.** *Есеңгіреген, дел-сал болғандай.* **Бәдік өлең.** әдеб. *Індетті, ауруды өлең арқылы қуып, көшіріп тастауға болады деген мифтік сенімнен туған өлең.*

**БӘДІКТЕЙ** сын. *Бәдік ауру сияқты, бәдік тәрізді.*

**БӘДІКТІК** зат. *Бейбастақтық, әдепсіздік, есуастық, мылжыңдық.*

**БӘЗ**[1] есім. *Әлдебір, қайсыбір, сол.*

**Бәз баяғы.** *Бұрынғы, бастапқы, өзгеріссіз, өз қалпында.* **Бәз баяғыша.** *Қалпынша, ешбір өзгеріссіз, бұрынғыша.* **Бәз біреулер.** *Әлдекім, кейбіреу, белгісіз біреу.* **Бәз қалпы.** *Баяғы, қаз қалпында.* **Бәз қалпынша.** *Сол күйінде, сол қалпынша.*

**БӘЗ**[2] зат. сөйл. **Бөз.**

**БӘЗ-БӘЙЕК: бәз-бәйек болды.** *Жаны қалмай қызмет етті, құрдай жорғалады.*

**БӘЗ-БӘРІ** ес. сөйл. *Барлығы, баршасы.*

**БӘЗБІР** ес. *Кейбір, әлдебір.*

**БӘЗБІРДЕ** үст. *Кейде, кей кезде, кей уақытта.*

**БӘЙ**: **бәй тікті.** *Тузу, тік ұстады, жоғары көтерді.*

**БӘЙБАТША** зат. сөйл. ***Байбатша.***

**БӘЙБІШЕ** зат. **1.** этн. *Байырғы қазақ қоғамында көп әйел алған ер адамның жұбайлық мәртебесі жоғары бірінші әйелі.* **2.** *Жасы үлкен егде тартқан, жұрт сыйлайтын қадірлі, беделді әйел.* **3.** *Әйелі, жары.* **4.** *Жасы үлкен әйел адамды сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылатын атауыш.*

**Бәйбіше келі.** *Науат, қант, құрт түюге арнайы жасалған шағын келі.*

**БӘЙБІШЕДЕЙ** сын. *Бәйбіше сияқты, бәйбіше тәрізді.*

**БӘЙБІШЕЛІК** зат. **1.** *Бәйбішеге тән қасиет, іс.* **2.** *Бәйбіше орны, мәртебесі.*

**БӘЙБІШЕСЫМАҚ** зат. экспр. *Өзін бәйбіше сияқты көрсеткісі келетін, еліктегіш әйел.*

**БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ** тар. **1.** *Көп әйел алған адамның бұрынғы-кейінгі әйелдері.*

**БӘЙГЕ**[1] зат. **1.** этн. *Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ат жарыстыратын дәстүрлі ұлттық спорт ойындарының бір түрі, ат шабысы.* **2.** *Еңбекте, өнерде, спортта жеңіскерлерді іріктейтін жарыс, сайыс.*

**Бәйге алаңы.** *Жарыс өтетін орын.* **Бәйге алды.** а) *Озып шығып жүлдеге ие болды.* ә) *Жақсы атанды, аты шықты.* **Бәйге ат.** *Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік ат.* **Бәйге атындай.** *Бәйгеге қосатын, жаратқан жүйрік аттай.* **Бәйге атындай аңқылдады.** *Ағыла, тоқтамай сөйледі, мүдірмеді, аққөңілденді.* **Бәйге атындай аңқылдап.** поэт. *Мүдірмеу, тоқтаусыз сөйлеу.* **Бәйге бала.** *Бәйге атына мініп шабатын бала.* **Бәйге бермеді.** *Алдына жан салмады, қатарының алды болды.* **Бәйгеге қосты [түсті].** а) *Атты жарысқа жіберді.* ә) *Топ жарысқа түсті, бағын сынады.* **Бәйгеден аты келді.** *Бәйгеге қосқан аты озып шықты.* **Бәйге жарияланды.** публ. *Белгілі бір іс-шара, бастамаға ерекше жобаларды, сондай-ақ көркем әдеби, публицистикалық туындылардың жоғары деңгейлісін іріктеу және марапаттау үшін жалпы көпшілікті құлақтандырып, басылым беттеріне байқау жариялады.* **Бәйгенің алдын бермеді.** а) *Құса жетіп, қашса құтылатын жүйрік болды, жарыста озып шықты.* ә) *Үнемі жүлдегер болды, алдына жан салмады.* **Бәйге төбе.** *Ат жарысында бәйге қосатын дөңес жер, төбе.*

**БӘЙГЕ**[2] зат. этн. *Жарыста озып шыққандарға берілетін жүлде, сыйлық.*

**Бәйге алды.** *Сыйлыққа, жүлдеге ие болды.* **Бәйге мүше.** *Тиісті үлес, сыбаға.* **Бәйгені шаппай алды.** *Оған пар келер ешкім болмады, жарысар қарсылас табылмады.* **Бәйге тікті.** а) *Озғанға берер жүлде тағайындады, сыйлық белгіледі.* ә) *Бәстесті, бәс қойды, бәс тікті.*

**БӘЙГЕАЛАҢ** зат. спорт. *Ат спорты жарысын өткізетін арнайы жабдықталған алаң.*

**БӘЙГЕДЕЙ** сын. *Бәйге сияқты, бәйге тәрізді.*

**БӘЙГЕЛІ** сын. *Бәйге тігілген, бәйгесі бар.*
**Бәйгелі жер**. *Бәс тігілген жарыс, жүлделі кез, мезгіл.*
**БӘЙГЕЛІК** зат. *Бәйгеден озып келушілік, жүйріктік.*
**БӘЙГІ** зат. сөйл. ***Бәйге.***
**БӘЙГІКЕР** зат. *Бәйгелі, топжарған, жүлдегер.*
**БӘЙГІЛІ** сын.сөйл. ***Бәйгелі.***
**БӘЙЕК**[1] зат. *Шөбі қалың өскен шабындық.*
**БӘЙЕК**[2]**: бәйек болды [қақты]**. а) *Жаны қалмай құрдай жорғалады, құрақ ұшты; астыңүстіне түсіп, ілтипат көрсетті.* ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.*
**Бәйек етті**. *Құрдай жорғалатты, айтқанын істетті, зыр қақтырды.*
**БӘЙЕКТЕ=** ет. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.*
**БӘЙЕКТЕГІШ** сын. *Құрдай жорғалап қошемет көрсеткіш, жарамсақтанғыш, бәйек болғыш.*
**БӘЙЕКТЕН=** ет. *Ар жағынан бір, бер жағынан бір шығып жүру.*
**БӘЙЕКТЕНУ** *Бәйектен етістігінің қимыл атауы.*
**БӘЙЕКТЕУ** *Бәйекте етістігінің қимыл атауы.*
**БӘЙЕКТІК** зат. *Бәйек болушылық, жік-жапарлық, кішіпейілдік.*
**БӘЙЕНДЕК** зат. жерг. *Түсі сарғыш көк, салмағы 10-16 кг-ға дейін жететін қауынның бір сорты.*
**БӘЙЕ-ШӘЙЕ** сын.сөйл. ***Бая-шая***.
**БӘЙПЕК**: **бәйпек қақты**. *Бәйек болды, жалпаңдады.*
**БӘЙПЕКТЕ=** ет. *Бәйпең қағу, жорғалау.*
**БӘЙПЕКТЕУ** *Бәйпекте етістігінің қимыл атауы.*
**БӘЙПЕҢ**: **бәйпең қақты**. *Бәйпектеді, бәйек қақты.*
**БӘЙТЕРЕК** зат. **1.** <лат. populus italica> *Биіктігі 40 метрдей, қалың қабықты, бұтақтары тармақталмай тік өсетін, жапырақтары жалпақтау келген тал тұқымдасының терек туысына жататын ағаш; мырзатерек.* **2.** ауыс. *Мықтылық, зор болушылық, саясы молдық.* **3.** ауыс. *Тірек, таяныш, сүйеніш, қорған, пана.*
**БӘЙТЕРЕКТЕЙ** сын.**1.** *Бәйтерек сияқты.* **2.** ауыс. *Биік, зор.*
**БӘЙТЕРЕКШЕ** үст. *Бәйтерекке ұқсап, бәйтерек сияқты.*
**БӘЙТОЛЛА** [ар. بيت الله] зат. діни. *Меккедегі Қағба мешітінің діни аты.*
**БӘЙТӨБЕТ** зат. **1.** *Сырттан, төбет ит.* **2.** ауыс. *Ересектеу балалардың я адамдардың ерсі қылықтарын жаратпағанда айтылатын зілсіз әрі кекесінді сөз.*
**БӘЙШЕШЕК**[1] зат. өс. <лат. crocus> **1.** *Қар кетісімен шығатын, қызғалдақ құртқашаштар тұқымдасына жататын тамыр түйнекті көктем гүлі.* **2.** *Дала гүлдерінің жалпы аты.*
**БӘЙШЕШЕК**[2] зат. жерг. *Айдар.*
**Бәйшешек бетті.** *Дөңгелек (жүзді), балпиған, балғын өңді.*
**БӘЙШЕШЕКТЕЙ** сын.**1.** *Бәйшешек сияқты.* **2.** ауыс. *Құлпырған, қызылды-жасылды.*
**БӘЙШЕШЕКТІ** сын. *Көкорай шалғыны, бәйшешегі мол.*
**БӘЙШӨҢГЕЛ** зат. саят. **1.** *Он екі түлеген кексе бүркіт.* **2.** ауыс. *Адуынды, тегеурінді батыр.*
**БӘЙШІКЕШ** сын. экспр. сөйл. ***Байшікеш***.
**БӘЙІТ** [ир. بيت] зат. **1.** діни. *Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы жыр, өлең.* **2.** *Бір мақаммен, сарынмен айтылатын қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең шумағы.*
**БӘЙІТСЫМАЛ** сын.сөйл. *Бәйітсымақ, өлеңсымақ.*
**БӘЙІТШІ** зат. *Бәйіт айтатын адам, зікірші.*
**БӘЙІТШІЛІК** зат. *Бәйіт айтушылық, ақындық, жыршылдық.*
**БӘКЕЛТЕК** сын. *Бәкенелеу, аласа.*
**БӘКЕН** зат. жерг. кәс. ***Бакен*** *(балық аулайтын жерге қойылған белгі, көрсеткіш).*
**БӘКЕНЕ** сын. *Тапал, аласа, тәлпек.*
**БӘКЕНЕЛІК** зат. *Аласалық, қысқалық.*
**БӘКЕНШІ** зат. сөйл. ***Бакенші*** *(кемені қауіптен сақтау үшін түнде жарық беріп тұратын белгілерді қадағалап отыратын адам).*
**БӘКИЗАЛЫ** сын.сөйл. ***Пәкизалы.***
**БӘКИЛА** зат. жерг. кәс. *Балықшылар сүзекті тартқанда киетін қонышы ұзын аяқкиім.*
**БӘКӨЙ** зат. жерг. ауыл шар. *Ат тырмамен жинаған шөп және шалғымен шапқан шөп үйіндісі.*
**БӘКІ**[1] зат. **1.** *Ашпалы-жаппалы шағын қалта пышақ.* **2.** жерг. ***Ұстара.***
**БӘКІ**[2] зат. жерг. *Түйенің терісінен жасалатын кебіс.*
**БӘКІДЕЙ** сын. *Бәкі сияқты.*
**БӘКІЗЕ** [ир. پاکیزه] сын. *Таза, пәк.*
**БӘКІЗЕЛІК** зат. **1.** *Тазалық.* **2.** ауыс. *Пәктік.*
**БӘКІЛШІК** зат. жерг. кәс. *Бәкиланы киіп суға түсуші (ұзын аудың астыңғы арқанын басып тұрушы).*
**БӘКІН-ШҮКІН** зат. сөйл. *Кәкір-шүкір, ұсақ-түйек.*
**БӘКІНШІК** зат. сөйл. *Кеме жолындағы қауіпті жерге қойылған су бетіндегі қалқыма бакенді бақылайтын күзетші.*
**БӘКІР** зат. *Қыздық абыир, қыздық.*
**БӘКІРЛЕН=** ет. *Қыздығын бұзу.*
**БӘКІШЕ** үст. *Бәкіге ұқсап.*
**БӘЛ** зат. *Баға, құн.*
**БӘЛГІ** [ар. بنگی] зат. *Істердің, нәрселердің дәлелі.*
**БӘЛДЕК: бәлдек ағаш.** зат. *Тері илейтін малқы арасындағы келсаптай жуан ағаш.*
**БӘЛДЕН=** ет. *Өзінің бағасын асырып бәлсіну, бұлдану.*
**Бәлдене берме.** *Көкірегін көтеріп, өзінің бағасын арттыра берме, бәлсінбе деген мағынада.*
**БӘЛДЕНУ** *Бәлден етістігінің қимыл атауы.*
**БӘЛДЕНУШІЛІК** зат. *Өз бағасын, құнын арттырушылық, бәлсінушілік, бұлданушылық.*
**БӘЛДІР-БАТПАҚ** сын.сөйл. ***Балдыр-батпақ***.
**БӘЛЕ**[1] [ар. بلاء] зат. **1.** *Кесірлі іс, пәле-жала, шатақ.* **2.** *Қырсық, кесел, кесапат.* **3.** *Арам ой, арамдық.* **4.** ауыс. миф. *Құбыжық, қорқынышты нәрсе. // Кесірлі, қырсықты.*
**Бәле баққан**. *Дау, шатақ, арамдық қуған.* **Бәле болды**. *Қырсық болды.* **Бәлеге [пәлеге, шатаққа] белшесінен батырды.** *Кесапат, кесірге шалдықтырды.* **Бәлеге қалды**. *Басына іс түсіп, шатаққа ұшырады, дауға қалды.* **Бәлеге ұрындырды.** *Дау-дамайға қалдырды, қиыншылыққа душар етті.* **Бәлеге шатылды [ұшырады].** *Шатаққа ілікті, басына іс түсті.* **Бәледен қалас болды.** *Қатерлі істен аулақ жүрді, бәледен бойын аулақ салды.* **Бәледен машайық қашып құтылыпты**. *Жалалы сөзден я істен есті адам аулақ, тыныш, тек жүрді.* **Бәле жапты [жапсырды, жақты].** *Орынсыз қаралады, жала жапты, кінәлады.* **Бәле келтірді.** *Кесірлі іске душар етті.* **Бәле қуды**. *Жамандық, арамдық ойлады, пәле іздеді.* **Бәле қылды**. *Шатақ шығарды.* **Бәленің отын өргізді.** *Бәлені қаптатты, жандандырды; екі араға сөз тасыды, пәле салды.* **Бәле салды**. *Жала жапты.* **Бәлесі жұқты [тиді].** *Кесірі тиді.* **Бәле тіледі.** *Шатақ іздеді, жамандық қалады.*
**БӘЛЕ**[2] сын.сөйл. жағымсыз. *Еті тірі пысық, қу, бәлекет.*
**БӘЛЕ**[3] од.сөйл. ***Пәлі***.
**БӘЛЕДЕЙ** сын.**1.** *Бәле сияқты, құбыжықтай.* **2.** ауыс. сөйл. *Сондай мықты, айтарлықтай.*
**БӘЛЕ-ЖАЛА** зат. *Қырсық, кесапат.*
**БӘЛЕК**[2] [ор. валёк] зат. тех. *Постромканың ұшын іліп қоятын, екі жағы кертілген жуантық ағаш.*
**БӘЛЕКЕЙ** сын. *Кішкентай, аласа, жыртық.*
**БӘЛЕКЕТ** зат. **1.** *Пәле-жала, адамға қас күш, жын-шайтан.* **2.** *Қырсық, шатақ, кесір адам.* **3.** *Қу, кесір, пәле әкелетін нәрсе.*
**Бәлекет басқыр**. қарғ. *Қара басқыр, марту басқыр.* **Бәлекетке батты.** *Қырсыққа шалынды, жамандыққа ұрынды.* **Бәлекет кетсін**. *Кесір-кесапаты өзімен кетсін, жоламасын.* **Бәлекетті бастады.** *Жаман істі бастады, жамандық жасады.*
**БӘЛЕКЕТТІК** зат. *Пәлелік, қулық, пысықтық.*
**БӘЛЕ-ҚАЗА** зат. *Өлім-жітім, кенеттен келген ажал.*
**БӘЛЕҚОР** сын. *Жалақор, бәле қуғыш.*
**БӘЛЕҚОРЛЫҚ** зат. *Бәлеқор болушылық, жалақорлық, бәле қуғыштық.*
**БӘЛЕҚҰМАР** сын. *Бәлешіл, жалақор.*
**БӘЛЕҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Бәлеқуғыштық, жалақорлық.*
**БӘЛЕЛІ** сын. *Пәле-жаласы, шатағы көп, дау-жанжалы мол.*
**Бәлелі жерге бармақ сұқпа.** *Басқа кесірі, қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр деген мағынада.*
**БӘЛЕЛІК** зат. *Пасықтық, қастық, қырсықтық.*
**БӘЛЕМ** од. *Біреуге кіжінгенде, өштескенде, зіл көрсеткенде айтылатын сөз.*
**БӘЛЕН** ес. **1.** *Белгісіздікті білдіретін, тұспалдап айтылатын, бірнеше деген мағынаны білдіретін сөз.* **2.** *Бәлембай деген, аты белгісіз, бір жер дегенді білдіретін сөз.*
**Бәлен деуге болмайды**. сөйл. *Олай-бұлай деуге болмайды, ашып айту қиын.* **Бәлен еді, түген еді**. сөйл. *Анау еді, мынау еді деп сылтаурату.*
**БӘЛЕНБАЙ** ес. экспр. *Бірталай, біршама көп деген болжал сөз.*
**БӘЛЕН-БӘШТҮГЕН** ес. сөйл. *Бәлентүген, пәлен-пәштуан, анау-мынау.*
**БӘЛЕНГІ** зат. зоол. *Қарақұрт сияқты улы жәндік.*
**БӘЛЕНДЕЙ** үст. *Айтарлықтай, оншама, соншалықты.*
**БӘЛЕН-ТҮГЕН** ес. *Анау-мынау, бәленпәштуан.*
**БӘЛЕН-ТҮЛЕН** зат. сөйл. ***Пәлентүген.***
**БӘЛЕНШЕ** ес. сөйл. ***Пәленше***.
**БӘЛИҒАТ** зат. сөйл. ***Балиғат***.
**БӘЛКЕДЕЙ** сын.сөйл. *Шоқпардай, кеспелтектей.*
**БӘЛКИ** мод. *Бәлкім, мүмкін.*
**БӘЛКІМ** мод. **1.** *Мүмкін, ықтимал, бәлки.* **2.** *Аздап, ептеп, сәл.*

**БӘЛЛӘҺИ** о д . с ө й л . ***Беллаһи.***

**БӘЛСУ** *Бәлсі етістігінің қимыл атауы.*

**БӘЛСІ=** е т . с ө й л . ***Бәлсін.***

**БӘЛСІН=** е т . *Әлдеқандай болып кісімсу, бұлдану, бәлдену.*

**БӘЛСІНТ=** е т . *Әлдеқандай ету, бәлдендіру.*

**БӘЛСІНТУ** *Бәлсінт етістігінің қимыл атауы.*

**БӘЛСІНУ** *Бәлсін етістігінің қимыл атауы.*

**БӘЛТУ-ШӘЛТУ** е с . с ө й л . *Балтай-шалтай, бәлен-түген.*

**БӘЛШЕБЕК** о р . т а р . с о в е т . с ө й л . ***Большевик.***

**БӘЛІ** о д . **1.** *Мадақтау, қошеметтеу мағынасын білдіретін сөз.* **2.** *Разы болу, қоштау мағынасында айтылатын сөз.* **3.** *Таңырқау, таңдануды білдіретін сөз.* **4.** *Қап-ай, әттеген-ай деген мағынадағы сөз.* **5.** *Оның не, мұның дұрыс па деген күмәнді білдіретін сөз.*

**БӘЛІШ** з а т . т а м а қ . *Ашытып жайылған қамыр ішіне пияз, бұрыш, ет салып, жиектерін бүріп, майға булап пісірілетін нан тағамы.*

**БӘНДАНА** з а т . *Қарасораның дәні.*

**БӘНДЕ** з а т . с ө й л . ***Пенде.***

**БӘНИ** [ар. بني] з а т . к і т а б и . *Нәсіл, ұрпақ, әулет.*

**БӘНКЕ** з а т . с ө й л . ***Бәнкі.***

**БӘНТ** [ир. بند] з а т . *Байлам, бума, тай, буда, тең.*

**БӘҢГІ** [ир. بنگی] с ы н . **1.** *Нашақор.* **2.** *Есалаң, жынды, есуас.*

**БӘҢГІР=** е т . *Есалаңдану, есерлену, жындану, меңгіру.*

**БӘҢГІРУ** *Бәңгір етістігінің қимыл атауы.*

**БӘҢШІ** [ир. بنگی] з а т . *Нашақұмар, апиыншы.*

**БӘП-БӘРЕКЕЛДЕ** с ы н . с ө й л . *Тәп-тәуір, жап-жақсы, әп-әдемі.*

**БӘПЕКТЕ=** е т . *Бәйек болу, асты-үстіне түсу.*

**БӘПЕЛЕ=** е т . с ө й л . ***Мәпеле.***

**БӘПІК** з а т . ж е р г . *Желік, аптық.*

**БӘР** е с і м . с ө й л . ***Барлық, тегіс.***

**БӘРӘК:** [ар. بارك الله] **бәрек Алла.** д і н и . ***Бәрекелді*** *(Алланың жақсылығы, нұры түссін, Алла қолдасын деген мағынаны білдіретін бата-тілек).*

**БӘРӘКӘТ** з а т . с ө й л . ***Берекет.***

**БӘР-БАРШАСЫ** е с . *Барлығы, күллі, тегіс, тұтас.*

**БӘРБАТ** с ы н . *Зарлы, мұңды, қайғылы.*

**БӘР-БӘРІ** е с і м . с ө й л . *Баршасы, барлығы, түгелімен.*

**БӘРБІ** з а т . *Қатты затты, темір заттарды тесетін бұрандалы қолбұрғы, бұрғылау аспабын айналдыруға арналған тетік.*

**БӘРЕКЕЛДЕ** [ар. بارك الله] о д . с ө й л . ***Бәрекелді.***

**БӘРЕКЕЛДІ** о д . **1.** *Біреуді мадақтау, мақтау, көңілін көтеру, рух беріп көтермелеп, қолпаштап сөйлегенде айтылатын сөз.* **2.** *Бір нәрсені құптау, мақұлдау, сүйсіну, разылық білдіру ретінде айтылатын сөз.* **3.** *Мәссаған, ал ендеше тәрізді таңдануды, таңырқауды білдіретін сөз.*

**БӘРЕКЕЛДІЛЕ=** е т . *Құптап-қоштау, мақұлдау.*

**БӘРПІ[1]** з а т . б и о л . <лат. aconitum> *Тамырының емдік қасиеті бар, таулы жерде өсетін сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөп.*

**БӘРПІ[2]** з а т . з о о л . *Биік таулы жерде мекендейтін құс.*

**БӘРҺАМ** [ир. برهم]: **бәрһам болды**. *Түзелді, жөнге келді.*

**БӘРШЕКТЕ=** е т . с ө й л . *Сойылған мал етін боршалау.*

**БӘРШЕКТЕЛ=** е т . *Сойылған мал етінің бөлшенілуі, боршалануы.*

**БӘРІ** е с і м . *Барлығы, баршасы, тегіс, түгел.* **Бәрі білді**. *Жасырын (құпия) емес, жұртшылық хабардар, көпшілікке белгілі болды.* **Бәрі бірдей.** *Барлығы, баршасы, тұтас.* **Бәрін айт та, бірін айт.** с ө й л . *Басқасын қой, тоқ етерін айт; қайсыбірін айтайын деген мағынада.* **Бәрін ұмытты.** *Еш нәрсені елемеді, ес-түссіз бір іске берілді, жанын салды.*

**БӘРІ-БӘРІ** е с і м . *Барлығы дерлік, түгелімен.*

**БӘРІБІР** ү с т . **1.** *Қалай болса да, не болса да, қайтсе де.* **2.** *Мейлі.*

**БӘРІСІ** е с . ж е р г . *Бәрі, барлығы.*

**БӘС[1]** з а т . **1.** *Бір нәрсе орындалады немесе айтқаным болады деп сөз берiскенде болатын қол беріcу немесе тігілетін төлемақы.* **2.** *Талас, бәсеке, тартыс, жарыс.*

**Бәс қылды [тікті].** *Бәстесті, бір нәрсе жайлы таласты.* **Бәсі қымбат.** *Бағасы жоғары, құны жоғары.*

**БӘС[2]** з а т . *Баға, құн, нарық.*

**Бәс қайтты.** *Бағасы кеміді, күші таусылды, әлі құрыды.*

**БӘС[3]** с ы н . ***Пәс.***

**БӘСЕ** о д . *Мақұлдау, қоштауды солай болу керек еді дегенді білдіретін одағай сөз.*

**Бәсе десеңші [десе].** *Мақұлдап қоштауды, айтса айтқандай деген мағынаны білдіретін сөз.*

**БӘСЕЙ=** е т . ж е р г . *Азаю, кему, төмендеу.*

**БӘСЕКЕ** з а т . **1.** *Өзара еңбек, өнер, спорт жарысы, сайыс.* **2.** *Көре алмаушылық, қызғаныштан туатын бақастық, бақталастық.* **3.** э к о н . <лат. concurrere> *Тауар өндірушілер не оны өткізушілер арасындағы көбірек пайда табу жолындағы сайыс.* **4.** *Мемлекеттер арасындағы және халықаралық дәрежедегі жарыс.* **5.** и н ф . <ағыл. contentions> *Ортақ ресурсты пайдаланудағы жүйелердің немесе бағдарламалардың өзара таласушылығы.*

**Бәсеке режимі.** и н ф . <ағыл. contention mode> *Бір арнаға жалғастырылған екі немесе одан да артық сыртқы құрылғылардың орталық процессорға бір мезгілде мәлімет беруге тырысу кезіндегі қалып-күйі.*

**БӘСЕКЕЛЕС[1]** с ы н . **1.** *Бақталас, бақас, күндес, егес.* **2.** э к о н . *Өзара бәсекеге, жарысқа, сайысқа түсуші.*

**Бәсекелес бағдарламалық бұйым.** и н ф . <ағыл. competitive software product> *Басқа бағдарламалармен қатар немесе олардың орнына пайдаланылуға үміткер бағдарламалық бұйым.*

**БӘСЕКЕЛЕС[2]=** е т . **1.** *Айтысу, тайталасу, ерегісу.* **2.** с п о р т . *Жарысқа, сайысқа түсу.* **3.** *Өзара өнер, білім жарыстыру.* **4.** э к о н . *Көбірек пайда табу, кіріс кіргізу, өркендеу жолындағы жарыс.*

**БӘСЕКЕЛЕСКІШ** с ы н . *Бәсекелесуге құмар, бәсекешіл.*

**БӘСЕКЕЛЕСТІК** з а т . **1.** *Бәсекелес болушылық, өзара жарысушылық.* **2.** *Бақталастық, бақастық.* **3.** э к о н . <лат. concurrentia> *Тауар өндірушілер арасында өз мүдделерін қанағаттандыру үшін болатын экономикалық бақталастық.* **4.** б и о л . *Туыстық жағынан жақын бір немесе әр түрге жататын ағзалардың тірі қалу мүмкіндігі үшін бір-бірімен күресуі.*

**БӘСЕКЕЛЕСТІР=** е т . *Бәсекеге түсірту, жарыстыру.*

**БӘСЕКЕЛЕСТІРУ** *Бәсекелестір етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕКЕЛЕСУ** *Бәсекелес етістігінің қимыл атауы.*

**Бәсекелесуге жарамды өнім.** э к о н . *Рынокта бар ұқсас өніммен салыстырғанда тұтынылу қасиеті анағұрлым жоғары және осы себепті жоғары сұранымға ие өнім.* **Бәсекелесу қабілетінің көрсеткіші.** э к о н . *Тауардың бәсекелесу қабілетінің деңгейін мөлшерлік тұрғыдан бағалау өлшемдерінің жиынтығы.*

**БӘСЕКЕЛЕСУШІ** з а т . *Бәсекеге түсуші, таласушы, өзара жарысушы.*

**БӘСЕКЕЛІ** с ы н . **1.** *Бақталастығы, күндестігі бар, бәсекелес.* **2.** *Бәс тігіскен, бәске түскен, ерегіскен, егескен.*

**БӘСЕКЕЛІК** з а т . *Бәсекеге түсушілік, бақталастық.*

**Бәсекелік парақ.** э к о н . *Шетке шығарылатын және шеттен әкелінетін тауарды өткізу кезінде оның техникалық-экономикалық көрсеткіштері, сапасы, бағасы және коммерциялық шарттары туралы ақпаратты қорытындылайтын құжат.*

**БӘСЕКЕСІЗ** с ы н . *Талассыз, егессіз.*

**БӘСЕКЕШІ** с ы н . **1.** *Бәсекеге, жарысқа, сайысқа түсуші.* **2.** *Таласушы, бақталасушы.*

**БӘСЕКЕШІЛ** с ы н . *Бәсекеге құмар, бақталасшыл.*

**БӘСЕҢ** с ы н . **1.** *Жай, ақырын, баяу.* **2.** *Көмескі, солғын, басыңқы.* **3.** а у ы с . *Кішіпейіл, инабатты.* **4.** а у ы с . *Басылыңқы, төмен.*

**Бәсең ине.** қ о л ө н е р . *Орташа жуандықтағы ине.* **Бәсең сайлау құқы**. з а ң . *Азаматтың сайланбалы мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану құқы.* **Бәсең тартты.** *Бәсеңдеді, саябырлады, солғындады, баяулады.*

**БӘСЕҢДЕ=** е т . **1.** *Баяулау, саябырлау, басылу.* **2.** *Азаю, кему, төмендеу.* **3.** *Көмескілену, солғындау.*

**БӘСЕҢДЕН=** е т . *Саябырсу, баяулану, көмескілену, солғындану.*

**БӘСЕҢДЕНУ** *Бәсеңден етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢДЕҢКІРЕ=** е т . *Баяулаңқырау, басылыңқырау, саябырлаңқырау.*

**БӘСЕҢДЕҢКІРЕУ** *Бәсеңдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢДЕТ=** *Баяулату, ақырындату, төмендету, саябырсыту.*

**БӘСЕҢДЕТКІШ[1]** з а т . ф и з . *Газ, бу немесе сұйықтық қысымдарын тұрақты қалыпта ұстау ға және төмендетуге арналған аспап.*

**БӘСЕҢДЕТКІШ[2]** с ы н . *Бәсеңдетуші, жеңілдеткіш, басатын, азайтатын.*

**БӘСЕҢДЕТУ** *Бәсеңдет етістігінің қимыл атауы; басу, ақырындату.*

**БӘСЕҢДЕТІЛ=** е т . *Баяулатылу, төмендетілу, басылу.*

**БӘСЕҢДЕТІЛУ** *Бәсеңдетіл етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢДЕТІҢКІРЕ=** е т . *Басыңқырау, азайтыңқырау, төмендетіңкіреу.*

**БӘСЕҢДЕТІҢКІРЕУ** *Бәсеңдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢДЕУ[1]** с ы н . *Баяулау, жайлау, екпіні, қарқыны төмендеу, солғындау, осалдау.*

**БӘСЕҢДЕУ[2]** *Бәсеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢДІК** з а т . *Баяулық, ақырындық, саябырлық, сылбырлық.*

**БӘСЕҢСУ** *Бәсеңсі етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСЕҢСІ=** е т . **1.** *Бәсеңдеу, саябырсу, толас тау.* **2.** *Азаю, кему.* **3.** *Солғындау, түсу, төмендеу.* **4.** а у ы с . *Қарқыны қайту, басылу.*

**БӘСЕҢСІТ=** *Бәсеңдету, кеміту, төмендету.*

**БӘСЕҢСІТУ** *Бәсеңсіт етістігінің қимыл атауы; басу, азайту.*

**БӘСЕҢШІЛ** сын. *Енжар, селқос.*

**БӘСЕҢШІЛДІК** зат. *Енжарлық, селқостық, босбелбеулік.*

**БӘСЕҢІРЕК** сын. *Ақырынырақ, босырақ, солғындау.*

**БӘСЕЮ** *Бәсей етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСКІЛ** сын. **1.** *Төмен, жатаған.* **2.** *Бәсең, нашар.*

**БӘССАУДА** зат. *Көпшілік алдында тауарды артық төлем ұсынушыға сататын сату тәртібі; аукцион.*

**БӘСТАЛАС** сын.сөйл. ***Бақталас.***

**БӘСТЕ** зат. *Қоныс.*

**БӘСТЕС** сын. **1.** *Бақталас, бәсекелес.* **2.** *Қабаттас, қатарлас.*

**БӘСТЕС=** ет. **1.** *Бір нәрсе орындалады деп, немесе менің айтқаным болады деп сөз берісу, сөздеріне сенімді екенін білдіріп қол алысу, немесе бәс тігісу.* **2.** *Жарысу, бәсекелесу.*

**БӘСТЕСКІШ** сын. *Бәс тіккіш.*

**БӘСТЕСТІР=** ет. *Бәсекелестіру, жарыс тыру.*

**БӘСТЕСТІРУ** *Бәсекелестір етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСТЕСУ** *Бәстес етістігінің қимыл атауы.*

**БӘСІКТІК** зат. *Қарапайымдылық, бәсік болушылық.*

**БӘСІҢКІ** сын.жерг. *Жұмсақ, әлсіз.*

**БӘСІРЕ** зат. **1.** этн. *Қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, меншіктеп, арнап ен салынған құлын немесе бота.* **2.** этн. *Нағашы жұртына барған балаға берілетін мал.* 3. ауыс. *Меншік, иелік.*

**Бәсіреге тиді**. *Еншіге, меншікке тиді, иемденді.* **Бәсіре етті**. а) *Арнады, құрбандыққа шалды.* ә) *Еншілеу.*

**БӘСІРЕЛІ** сын. *Меншікті, еншісіне тиген, арнаулы.*

**БӘТ**: **бәт құндыз.** ***Бәдқұндыз.*** а) *Жоғары сапалы, қымбат бағалы құндыз терісі.* ә) *Қымбат бағалы құндыз терісінен жасалған бөрік.*

**БӘТЕГӨЙ** зат. сөйл. **1.** ***Батагөй.*** **2.** сөйл. жағымсыз. *Сандырақшыл.*

**БӘТЕҢКЕ** [ор. ботинки] зат. *Қысқа қонышты, бауы бар күздік, қыстық аяқкиім.*

**БӘТЕҢКЕШЕҢ** сын. *Бәтеңке киген.*

**БӘТЕР** зат. жерг. ***Бәтір.***

**БӘТЕС** зат. тоқыма. <франц. batiste> *Мақта не зығыр жібінен тоқылған түсі жылтыр жұқа жібек мата.*

**БӘТЕСТЕЙ** сын. *Бәтес тәрізді, бәтес сияқты.*

**БӘТКӘРДЕ** [ир. بد گرده] сын. жерг. *Айыпты, кінәлы.*

**БӘТҚЫЛЫҚ** зат. *Бөтен қылық, жат қылық.*

**БӘТПЕРЕК** зат. сөйл. ***Батпырауық.***

**БӘТУА** зат. сөйл. ***Пәтуа.***

**Бәтуа кетті.** сөйл. ***Пәтуа кетті.*** **Бәтуасы бәкене**. *Уәде, келісімі болымсыз, болмашы.*

**БӘТУАЖА** [ар. فتوى] зат. ***Пәтуа*** *(келісім, уәде).*

**БӘТУАЛАС** сын. сөйл. ***Пәтуалас.***

**БӘТУАЛАС=** ет. сөйл. ***Пәтуалас.***

**БӘТУАЛАСТЫҚ** зат. экон. *Бірнеше жақтың өзара алған міндетін белгілейтін шарт; келісім.*

**БӘТУАЛАСУ** *Бәтуалас етістігінің қимыл атауы.*

**БӘТУАЛЫ** сын.сөйл. ***Пәтуалы.***

**БӘТУАСЫЗ** сын.сөйл. **1.** ***Пәтуасыз*** *(тұрақсыз, табансыз).*

**БӘТШАҒАР** од. сөйл. ***Пәтшағар.***

**БӘТІҢКЕ** зат. сөйл. ***Бәтеңке.***

**БӘТІР**[1] [ар. فطيرة] зат. тамақ. *Ашымаған қамырдан жайылып табаға пісірген жұқа нан.*

**Бәтір жасады.** *Келісті, уәделесті, сөз байлас ты.*

**БӘТІР**[2] од. *Кейігенде, кішірейте айтуда, таңдану мен жалынышты кейіпте айтылатын одағай сөз.*

**БӘШБІРТ: бәшбірті бітті.** сөйл. *Халі мүшкіл болды.*

**БӘШКЕ: бәшке құрақ.** сөйл. *Майда, қысқа өскен құрақ шөп.*

**БӘУЕДЕН** [ар. بهاء الدين] зат. *Әулие, пір.*

**БӘҺРА** [ир. بهره] зат. ескікіт. *Әсер, ләззат.*

**Бәһра болмайды**. *Нәтиже, қорытынды болмайды, пайда жоқ.*

**БӘҺІМ: бәһім етті.** ескікіт. *Ақылға салды.*

**БӘҺІР: бәһір алды.** *Ләззат, рахат алды.*

**БӘШПАЙ** зат. сөйл. ***Башпай.***

**БӘШІРЕ** [ар. بشرة] зат. *Береке, шырық.*

**БЕ** шыл. **1.** *Сұраулық ба шылауының фонетикалық варианты.* **2.** *Жекелік, бөлшектеу мағынаны білдіретін көмекші сөз.* **3.** *Күшейтпелі мағынадағы көмекші сөз.* **4.** *Шартты мағыналы көмекші сөз.* **5.** *Риторикалық сұрау мағынасын білдіретін көмекші сөз.*

**БЕБЕУ** зат. *Ойбай, айғай, зарққан үн.*

**Бебеу қақты.** а) *Безілдеді, зарлады, зар иледі.* ә) *Күй құлаққа әсерлі, сазды естіліп, құйқылжыды.* б) *Құс сайрады, әндік үн шығарды, дызақтады.* в) *Мәшине, мотор, аппарат тәрізді заттар қатты дыбыс шығарды, зыр қақты.*

**БЕБЕУЛЕ=** ет. **1.** *Ауруы жанға батып шыдай алмай ойбайлау, зар қағу, бебеу қағу.* **2.** ауыс. *Дыбыстың бірсарынды, біркалыпты, үзіліссіз, екпінді шығуы, құйқылжуы.*

**БЕБЕУЛЕТ=** ет. **1.** *Ойбайлату, безілдету.* **2.** ауыс. *Құйқылжыту, екпіндету.*

**БЕБЕУЛЕТУ** *Бебеулет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕБЕУЛЕУ** *Бебеуле етістігінің қимыл атауы.*

**БЕГАЙЫМ** зат. *Текті әулеттен шыққан әйел есімдеріне қосарланып айтылатын лауазым, бек, сұлтандардың жұбайы, бәйбішесі және оларға қарата айтылған ізет атауы.*

**БЕГАНА** зат. *Қайыршы, мүсәпір; бөтен.*

**БЕГЕМОТ** [көне. евр. Hippopotamus amphibius] зат. зоол. [грек. hippopotamus amphibius]. ***Сусиыр.***

**БЕГЕНЕ** зат. *Бөтен, басқа, бейтаныс.*

**БЕГЛЕН** зат. сөйл. ***Бекзада.***

**БЕГОНИЯ** [лат. begonia] зат. өс. *Сәндік, әсемдік ретінде өсірілетін оңтүстіктегі қызыл ала жапырақты өсімдік.*

**БЕГІЛІК** зат. сөйл. ***Бектік.***

**БЕГІМ** зат. *Текті әулеттен шыққан әйел есімдеріне қосарланып айтылатын лауазым.*

**БЕГІРЕК** сын. **1.** *Өте, тым, аса.* **2.** *Мықтырақ, мығымырақ.*

**БЕДЕ** зат. өс. <лат. trifolium> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде біржылдық жоңышқа тектес шөптесін өсімдіктер.*

**Беде бізтұмсық қоңызы.** зоол. *Беде, жоңышқа сияқты шөптесін өсімдіктерді зақымдайтын зиянды ұсақ қоңыз.* **Беде кеселі.** *Бедені өте көп, көктей жеу салдарынан уланып ауыратын ауруы.* **Беде қыша.** *Беде арасында өсетін арам шөп.*

**БЕДЕБАС** зат. бот. <грек. trigonella arcuata> *Бұршақ тұқымдас жемшөптік өсімдік, кейде тасбеде деп те аталады.*

**БЕДЕГЕ** зат. кәс. *Үлкен балықтардың жұлыны.*

**БЕДЕК** зат. *Мал саудасында, әсіресе жылқы саудасында алушы мен сатушы арасында «сала» айтып бағаға келтіретін салашы, делдал.*

**БЕДЕКШІ** зат. сөйл. ***Делдал.***

**БЕДЕҚОҢЫР: бедеқоңыр көбелегі.** зоол. <лат. chloridea dipsacea> *Қоңыр көбелектер тұқымдасына жататын ауылшаруашылық дақылдарының зиянкесі.*

**БЕДЕЛ**[1] зат. **1.** қоғ. <лат. auctoritas – өкімет, биік, ықпал> *Белгілі бір адамның, әлеуметтік институттың нақты қадір-қасиетіне, сіңірген еңбегіне орай жалпы жұрт таныған абырой- атағы.*

**Беделді бүтіндеді**. *Абыройын ойлады, абыройына дақ түсірмеуге тырысты.* **Бедел-құрметке ие болды.** *Абырой-атаққа қолы жетті, даңқы шықты.* **Бедел сақтады.** *Абырой-атағына кір келтірмеді.* **Бедел тапты.** *Абырой тапты, сыйлы болды.* **Беделі артты [өсті]**. *Абыройы артты, абыройлы болды.* **Беделі жер жарды.** *Қадірі асты, абырой-атағы елге жайылды.* **Беделі жүрді.** *Атағының арқасында сөзі өтімді болды.* **Беделін арттырды**. *Жұрт мойындаған атақ-абыройын күшейтті, асырды.* **Беделіне сыймайды.** жерг. *Беделіне сатылмайды.* **Беделін көтерді**. *Абыройын арттырды, құрметке бөледі, даңқын шығарды.* **Беделін көтеру.** *Абыройын арттыру, қадірін асыру.* **Беделін салды.** *Қадір-қасиетін, абыройын бетке ұстады.* **Беделін сатты.** *Атағын, даңқын, қадірін бұлдады.* **Беделін төкті [түсірді].** *Қадірін кетірді, абыройын түсірді.*

**БЕДЕЛ**[2] зат. *Көлем, мөлшер.*

**БЕДЕЛДЕ=** ет. *Бедел салысу, бедел жарыс тыру.*

**БЕДЕЛДІ** сын. *Беделі бар, қадір-құрметке бөленген, абыройлы, қадірлі.*

**БЕДЕЛДІЛІК** зат. *Беделді болушылық, қадірлілік, абыройлылық.*

**БЕДЕЛДІРЕК** сын. *Беделі күштірек, қадірлірек, абыройлырақ.*

**БЕДЕЛСЫМАҚ** сын.экспр. *Беделге ие болғансушылық, өтірік, бедел, абырой.*

**БЕДЕЛСІЗ** сын. *Беделі жоқ, абырой-құрметтен жұрдай, қадірсіз.*

**БЕДЕЛСІЗДІК** зат. *Беделсіз болушылық, абыройсыздық, қадірі жоқтық.*

**БЕДЕЛІК** зат. *Беде бітік өсетін шабындық.*

**БЕДЕН** зат. сөйл. *Көрік, келбет, кескін.*

**БЕДЕНДІ** сын. *Көрікті, келбетті, әдемі, ажарлы.*

**БЕДЕР** зат. **1.** *Бір нәрсенің бетіндегі кедір-бұдыр із, таңба.* **2.** қолөнер. *Бір заттың бетіндегі әшекейлі өрнек, бұдыр, бұр.* **3.** <франц. relief> геогр. *Құрлық бетінің, мұхит пен теңіз түбінің тегіс емес жерлері.* **4.** ауыс. *Кескін, тұлға, сурет.* **5.** *Бір нәрсенің түрі, кейпі.* **6.** ауыс. *Абырой, қадір, даңқ. // Реңк, белгі, нышан.*

**Бедер белгілері**. геол. *Құм немесе құмайт шөгінділер бетінде желдің немесе су ағындары мен толқындардың әсерінен пайда болатын белгілер жиынтығы.* **Бедер генерациясы.** геол. *Бір уақытта, бедердің белгілі бір даму сатысында пайда болып, бір буын жасайтын, жаратылуы әртүрлі бедер пішіндерінің кешені.* **Бедердің жасы.** геол. *Құрлық беті, теңіз түбі, бедерінің жаралған кезінен қазіргі пішінге келгенге дейінгі уақыты.* **Бедердің жіктемесі.** геол. *Бедер пішіндерін бірқатар белгілері бойынша жүйелеу.* **Бедердің морфологиялық кешені.** геол. *Генетикалық байланыстағы бедер пішіндердің кеңістіктегі заңдылықты бірлестігі.* **Бедердің оң пішіндері.** геол. *Жер бетінің көтеріңкі бөлікшелері.* **Бедердің теріс пішіндері.** геол. *Жер бетінің абсолют немесе салыстырмалы биіктіктерге байланыссыз төмендеген бөлікшелері.* **Бедер қамқа салдырды.** *Түрлі-түсті пүліштен бедерледі.* **Бедер типі.** геол. *Сыртқы кейпі біркелкі, генезисімен жасы бірдей бедер*

*пішіндерінің кешені.* **Бедері кеткен**. *Өңі кеткен, ескірген, тозған.* **Бедері қашқан**. *Қисыны кеткен, сүреңсіз.* **Бедерін берді**. *Қарасын көрсетті, біліне бастады.*

**БЕДЕР-БЕЙНЕ** зат. *Өзіндік ерекшелік, көркемдік, өзіндік айшық.*

**БЕДЕРБЕЛГІ** зат. инф. <ағыл. characters **1.** *Бедербелгілік жинақтың элементі.* **2.** *Құрылғы әліпбиінің элементі.*

**БЕДЕРБЕЛГІЛІК** сын. инф. *Бедербелгіге тән, бедербелгіге қатысты.*

**Бедербелгілік барабан.** *Бетіне бедербелгілер келтірілген баспа механизмінің барабаны.* **Бедербелгілік жинақ [таңбалар жинағы].** инф. *Элементар таңбалар (бедербелгілер): әріптер, цифрлар және басқа таңбалардың берілген жүйеде баспаға беруге немесе ақпаратты дисплей экранында бейнелеуге пайдаланылатын толық жиынтығы.* **Бедербелгілік [мәтіндік] жол.** инф. <ағыл. warranty (text) 1ine> *Берілген әліпбидің кез келген таңбаларынан тұратын жол.* **Бедербелгілік тізбекше.** инф. <ағыл. character chain, string> *Бедербелгі тізбегінен тұратын мәліметтер мөлшері.*

**БЕДЕРЛЕ=** ет. *Бедер салу, өрнектеу, әшекейлеу.*

**БЕДЕРЛЕН=** ет. **1.** *Өрнектелу, әшекейлену, безендірілу.* **2.** *Өзен, көл, теңіз бетінің ұсақ толқын басуы.*

**БЕДЕРЛЕНДІР=** ет. *Әшекейлендіру, безендіру, өрнек салдыру.*

**БЕДЕРЛЕНДІРУ** *Бедерлендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өрнектелу, әшекейлену, түрлену.* **2.** геол. *Қатты (түп) таужыныстардың аршылуы нәтижесінде олардың беткі жазықтығына тән болмыс-бітімінің барынша айшықтала отырып, дөңестене дербестелуі.*

**БЕДЕРЛЕНУ** *Бедерлен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДЕРЛЕС** сын. *Түстес, түрлес.*

**БЕДЕРЛЕУ** *Бедерле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәндеу, әшекейлеу.* **2.** ауыс. *Бейнелеу, суреттеу.*

**Бедерлеу әдісі.** *Металл өңдеу әдісі.* **Бедерлеу өнері**. қолөнер. *Зергерлік, немесе скульптуралық, архитектуралық тұрғыдан нақыштау, бұдырлау, бунақтау тәсілдері арқылы түрлі заттардың бетіне өрнек түсірудің бір түрі.*

**БЕДЕРЛЕУІШ** зат. кәс. *Металл бетіне түрлі бедер салу ісінде пайдаланылатын құрал.*

**БЕДЕРЛІ** сын. **1.** *Бедері бар нақышты, өрнекті, оюлы.* **2.** ауыс. *Ерекше, көркем.*

**Бедерлі жазу**. пед. *Зағиптарға оқуға арнап, жазу үшін жасалған шрифт.*

**БЕДЕРСІЗ** сын. **1.** *Бедері жоқ, бедер салынбаған.* **2.** *Ажарсыз, көріксіз.* **3.** ауыс. *Өзіндік бет-бейнесі жоқ, тұрақсыз, құрғақ.* **4.** ауыс. *Белгісіз, беймәлім, түсініксіз.*

**БЕДЕРСІЗДЕН=** ет. *Бояуы кету, көріксіздену.*

**БЕДЕРСІЗДЕНДІР=** ет. *Бедерін кетіру; көріксіздендіру.*

**БЕДЕРСІЗДЕНДІРУ** *Бедерсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДЕРСІЗДЕНУ** *Бедерсізден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДЕРШІ** зат. *Ағашқа, темірге ою-өрнек, бедер салатын шебер.*

**БЕДЕУ[1]** зат. қолөнер. *Жүйрік, бәйгі аты, жараған жылқы. // Жүйрік.*

**Бедеу аттай**. *Мықты ат сияқты.*

**БЕДЕУ[2]** сын. **1.** *Бала көтермеген (әйел).* **2.** *Қысыр, бойдақ (мал).* **Бедеу бие**. *Құлындамайтын қысыр бие.*

**Бедеу болды**. *Бала көтеретін қабілеті жоқ, құрсақ көтермеді, бала тумады.* **Бедеу қатын.** *Бала таппаған әйел.* **Бедеу ықылас**. *Алдамшы құр пейіл, жалаң көңіл, жалаң шырай берушілік.*

**БЕДЕУДЕЙ[1]** сын. *Бедеу жүйрік сияқты.*

**БЕДЕУДЕЙ[2]** сын. *Бойдақ, қысыр малдай.*

**БЕДЕУЛІК** зат. <лат. sterilitas> *Кәмелетке толған әйел не еркек ағзасының ұрпақ бермеуі, ұрықтанбаушылық, ұрық болмаушылық, ұрпақсыздық.*

**БЕДЕҮККІШ** зат. *Тұқымдық беде не жоңышқаны астық комбайнымен бастырып алған соң, дәнді бөліп алу үшін үгітуші мәшине.*

**БЕДЖА** зат. *Судан мен Эфиопияның шегаралас ауданын мекендейтін халық.*

**БЕДЛЕНД** [ағыл. badlands] зат. геол. *Қопсық немесе нашар керіштенген таужыныстардан тұратын терең және күрт тілімденген тау бөктергі немесе жекелеген қыраттар.*

**БЕДІЗШІ** зат. көне. *Тасқа өрнек түсіріп, жазу жазушы.*

**БЕДІРЕ** [ор. ведро] зат. сөйл. ***Шелек.***

**БЕДІРЕЙ=** ет. экспр. **1.** *Безеру, сазару, тесірею.* **2.** *Мелшию, міз бақпау, меңіреу күйде болу.*

**БЕДІРЕЙТ=** ет. *Көзін тесірейту, жүзін сазарту.*

**БЕДІРЕЙТУ** *Бедірейт етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДІРЕЙІС=** ет. *Сазарысып, безірейісіп қалу.*

**БЕДІРЕЙІСУ** *Бедірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДІРЕК[1]** зат. *Құл.*

**БЕДІРЕК[2]** сын. *Құны жоқ, құнсыз.*

**БЕДІРЕҢДЕ=** ет. экспр. *Одыраңдау, едіреңдеу, ежіреңдеу.*

**БЕДІРЕҢДЕУ** *Бедіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**БЕДІРЕЮ** *Бедірей етістігініц қимыл атауы.*

**БЕЖЕ** зат. өс. <лат. Chaienomeles> *Түрлі түсті гүлденгіш тұқымдасына жататын, оңтүстік аймақтарда өсетін ағаш (айва ) және соның жемісі.*

**БЕЖІН**: **бежін ер**. *Алды-арты шошақ, сырты иленген, терімен я былғарымен қапталған, Пекин қаласында жасалған ер.*

**БЕЖІРЕЙ=** ет. сөйл. ***Бедірей.***

**БЕЖІРЕЮ** *Бежірей етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗ** зат. <лат. glandula> **1.** анат. *Адамның, жануардың ағзасында болатын, оның зат алмасуын реттейтін мүше.* **2.** саят. *Бүркіт табанындағы, тұяқ көбесінің астындағы емшек сияқты ірілі-ұсақты түйін, түйнек.* **3.** ауыс. *Ағаштың шор жері, беріші.* **4.** ауыс. *Іске пайдасыз, қажетсіз, жарамсыз нәрсе.*

**Без ожау.** этн. *Ағаштың берішті жерінен, безінен жасалған ожау.* **Без түйіні.** мед. *Емшек, бауыр, бүйрек, аналық, қуық түбі және т.б. бездерде өсетін және солардың тканьдерінен тұратын қатерсіз түйін.* **Без шошыды**. *Без қабынып, ісінді.*

**БЕЗ[1]=** ет. **1.** *Қашу, зыту.* **2.** *Зымырау, жүйтку.* **3.** *Күдер үзу, түңілу, қол үзу.* **4.** *Ат-тонын ала қашу, жоламау, бас тарту, мойындамау.*

**Безе қашты**. *Алды-артына қарамай зытты, зымырады, тұра қашты.* **Безіп кетті** а) *Қашып жоғалды.* ә) *Күдер үзді, ығыр болды.*

**БЕЗ[2]**: **без ете қалды**. *Безілдеді, дыз ете түсті.*

**БЕЗАЯҚ** зат. этн. *Ағаштың беріш болып қатып қалған, мықты жерінін жасалған ыдыс.*

**БЕЗБЕ**: **безбе жүйрік**. *Ұстатпайтын қашаған, үркіп алып қашатын жүйрік.*

**БЕЗ-БЕЗ: без-без етті**. *Безектеді, безілдеді.*

**БЕЗБЕН** зат. **1.** *Заттың салмағын өлшейтін қол таразы, аспап.* **2.** ауыс. *Мөлшер, өлшем.* **3.** *Салмақ.*

**Безбенге салды.** *Таразылады, ақылға салды.* **Безбенге түсті.** *Таразыға салынды, тексерілді.* **Безбеннен жеді [ұтты]**. *Кем өлшеді, таразыдан қымқырды.*

**БЕЗБЕНДЕ=** ет. **1.** *Безбенге салып өлшеу, таразылау.* **2.** ауыс. *Салыстыру, теңестіру.*

**БЕЗБЕНДЕЙ** сын. *Безбен сияқты, безбен тәрізді.*

**БЕЗБЕНДЕЛ=** ет. *Таразыға тартылу, өлшену.*

**БЕЗБЕНДЕЛУ** *Безбендел етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗБЕНДЕУ** *Безбенде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Безбенмен өлшеу.* **2.** ауыс. *Салмақтау, мөлшерлеу.*

**БЕЗБҮЙРЕК** сын. **1.** *Ешкімге жібімейін, қаныпезер, қатыгез, мейірімсіз.* **2.** *Мықты, төзімді, шыдамды.*

**БЕЗБҮЙРЕКТІК** сын. *Безбүйрек болушылық, қатыгездік, мейірімсіздік.*

**БЕЗГЕК** зат. мед. <итал. malaria> *Денені қалшылдатып, бір суытып, бір қыздырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру.*

**Безгек болған адамдай.** *Безгек ауруына тап болғандай, қалшылдап.* **Безгек келді.** *Безгек ауруына тап болғандай.* **Безгек масасы.** зоол. <лат. anopheles> *Масалар отрядының қосқанаттылар тұқымдасына жататын туысы.* **Безгек ұрғандай.** *Безгекпен ауырғандай.*

**БЕЗГЕКСІЗ** сын. *Безгектен сау, безгек ауруымен ауырмаған.*

**БЕЗГЕКТЕЙ** сын. *Безгек сияқты, безгек тәрізді.*

**БЕЗГЕКТІК** сын. *Безгек ауруына арналған.*

**БЕЗГЕЛДЕК** зат. зоол. <лат. otis tetrax> *Тырна тектестер отрядының дуадақтар тұқымдасына жататын дала құсы.*

**Безгелдек дуадақ.** зоол. *Дуадақтың бір түрі.*

**БЕЗГЕЛДЕКТЕЙ** сын. *Безгелдек сияқты.*

**БЕЗГЕЛДЕКШЕ** үст. *Безгелдекке ұқсап.*

**БЕЗГІШ** сын. *Күдер үзгіш, түңілгіш.*

**БЕЗДЕЙ** сын. *Без сияқты.*

**БЕЗДЕН=** ет. **1.** *Без пайда болу, безі ұлғаю.* **2.** *Беріш болып қатып қалу, түйнектелу.*

**БЕЗДЕНДІР=** ет. *Безін ұлғайтып жіберу, берiштендіру.*

**БЕЗДЕНДІРУ** *Безденділру етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗДЕНУ** *Безден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗДЕУІТ**: **бездеуіт түк**. биол. *Кейбір өсімдіктің жапырағында, жеміс қабығында болатын эфир майын түзетін жасушалар.*

**БЕЗДІ** сын. *Безі бар, безі көп.*

**Безді қарын.** анат. <лат. ventricnlus glandularis> *Құс қарнының ас қорыту сөлін бөлетін, пішіні ұзынша келген алдыңғы бөлігі.* **Безді ұлпа.** анат. <лат. textus glandularis> *Зат алмасу процесінде өзінен арнайы бөлінді (шайыр, шірне, бальзам, эфир майын т.б.) бөлетін жасушалардан құралған ұлпа.*

**БЕЗДІР=** ет. **1.** *Бостыру, қашыру, аластау, аулақтау.* **2.** *Мезі қылу, ығыр ету, тойдыру.* **3.** *Жүгірту, зымырату; безілдету.*

**БЕЗДІРТ=** ет. **1.** *Бостырту, қашырту.* **2.** *Ығыр еткізу.*

**БЕЗДІРТУ** *Бездірт етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗДІРУ** *Бездір етістігінің қимыл атауы; аулақтату, қашыру, алыстату.*

**БЕЗДІРІЛ=** ет. *Аластатылу.*

**БЕЗДІРІЛУ** *Бездіріл етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕ[1]** ет. **1.** *Өрнектеу, нақыштау, әше-*

*кейлеп сәндеу.* **2.** *Нақышына келтіру, мәнерлеу.* **3.** *Көркемдеу, көркейту.*

**БЕЗЕ[2]=** ет. **1.** *Қару-жарақты, құрал-сайманды егеу, қайрау, өткірлеу.* **2.** *Диірменнің тасын қашау.*

**БЕЗЕ[3]=** ет. **1.** *Кезеу, сілтеу, көздеу.* **2.** *Бармақпен я басқа саусақпен нұсқау, көрсету.*

**БЕЗЕ** зат. қоғ. тамақ. *Бұлғанған жұмыртқа ақуызы мен қант қоспасынан пісірілген жеңіл тәтті (пирожный).*

**БЕЗЕГЕ** зат. *Үлкен балықтарда болатын жұлын жүйесі.*

**БЕЗЕГЕН[1]** зат. зоол. *Өзен-көлдерде, жайылым суларда кездесетін үйректің бір түрі.*

**БЕЗЕГЕН[2]** сын. *Қашаған, қорқақ.*

**БЕЗЕК[1]** зат. *Бедер, өрнек, нақыш.*

**БЕЗЕК[2]** зат. жерг. *Ағаштың безі, беріш.*

**БЕЗЕК: безек қақты [болды].** а) *Зыр жүгірді, дедек қақты, тыным таппады.* ә) *Біреудің асты-үстіне түсіп ұшып-қонды, дегбірсізденіп алып ұшты, шыр-шыр етті.* б) *Зар иледі, зар қақты, шырылдады.*

**БЕЗЕК-БЕЗЕК: безек-безек етті.** *Шыр-шыр етті, дызақтады, безек қақты.*

**БЕЗЕКТЕ=** ет. **1.** *Зыр жүгіру, безек қағу, дедек қағу, тыныштық көрмеу.* **2.** *Безілдеу, зарлау, сарнау.* **3.** *Қолды-аяқта тұрмай шыр-шыр ету, жылау.* **4.** *Соғыс қаруларының (зеңбірек, пулемет т. б.) үздіксіз тыным таппай атылуы, тоқтаусыз әрекет етуі.* **5.** бейн. *Телефонның, қоңыраудың үздіксіз шырылдауы.* **6.** *Ән-күйдің сазды, мәнерлі орындалуы, тоқтаусыз жылдам айтылуы, безек қағуы.*

**БЕЗЕКТЕС=** ет. экспр. *Зыр жүгірісу, тыныш таппау, безек қағысу.*

**БЕЗЕКТЕСУ** *Безектес етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕКТЕТ=** ет. экспр. **1.** *Зыр жүгірту, тыным таптырмау.* **2.** *Безек қақтыру, мазасыздандыру.*

**БЕЗЕКТЕТУ** *Безектет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕКТЕУ** *Безекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** экспр. *Безілдеу, жылану, зар қағу.* **2.** *Зырлау, зымырау, жүйтку.*

**БЕЗЕКТІ** сын. *Мәнерлі, әшекейлі, өрнектелген, өрнегі бар.*

**БЕЗЕЛ=** ет. **1.** қолөнер. *Өрнектелу, көркемделу, әшекейлену.* **2.** *Жайқалу, гүл жайнау.*

**БЕЗЕЛУ** *Безел етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕН[1]** зат. *Нәрсені көркемдеу, безендіруге қатысты ұғым; дизайн.*

**БЕЗЕН[2]=** ет. **1.** *Сәндену, көркемдену, әдемілену, жасану, әшекейлену.* **2.** *Кезену, сайлану, жабдықтану.*

**БЕЗЕНДІ** сын. *Сәнді, әшекейлі, өрнекті.*

**БЕЗЕНДІР=** ет. **1.** *Әшекейлеу, сәндеу, өрнектеу.* **2.** *Құлпырту, түрлендіру.*

**БЕЗЕНДІРТ=** ет. *Әшекейлендіру, сәндендіру, өрнектеу.*

**БЕЗЕНДІРТУ** *Безендірт етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНДІРУ** *Безендір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНДІРІЛ=** ет. *Өрнектелу, сәнделу, көркемделу.*

**БЕЗЕНДІРІЛУ** *Безендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНДІРІЛІМ** зат. *Қандай да мереке, шараны өткізетін орынның арнайы жабдықталуы.*

**БЕЗЕНТ[1]=** ет. **1.** *Жасанту.* **2.** ауыс. *Көркемдеу.*

**БЕЗЕНТ[2]=** ет. **1.** *Тіл-жағына сүйелту, сарнату.* **2.** *Безілдету, бебеулету.*

**БЕЗЕНТУ[1]** *Безент[1] етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНТУ[2]** *Безент[2] етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНУ[1]** *Безен[1] етістігінен жасалған қимыл атауы.*

**БЕЗЕНУ[2]** *Безен[2] етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕНШІ** зат. *Нәрсені көркемдеумен, безендірумен айналысатын маман; дизайнер.*

**БЕЗЕНІЛ=** ет. *Сәнделу, көркемдеу, безелу.*

**БЕЗЕҢ** зат. *Қанқұйлы, қанышер, безбүйрек.*

**БЕЗЕҢДЕ=** ет. экспр. *Шабалаңдау, шыжбалаңдау.*

**БЕЗЕҢДЕТ=** ет. *Шабалаңдату, шыжбалаңдату.*

**БЕЗЕҢДЕТУ** *Безеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕҢДЕУ** *Безеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕП-БЕЗЕП** үст. **1.** *Домбыраны бебеу қақтырып, безілдетіп.* **2.** *Қолды тақап-тақап, кезеп-кезеп, нұсқап-нұсқап (қою).*

**БЕЗЕР[1]** зат. жерг. ***Безер жылқы.***

**Безер жылқы.** *Теуіп, тістеп, маңына адамды не малды жақын келтірмейтін жылқы.*

**БЕЗЕР[2]** сын. *Қиқар, бір бет, айтқанына көнбейтін қыңыр.*

**Безер болды.** *Ығырын алды, жайсыздық етті.*

**БЕЗЕР[3]=** ет. **1.** *Бедірею, міз бақпай мелшию, сазару.* **2.** ауыс. *Құлазу, мелшию, сұрқай тарту.*

**БЕЗЕРЛЕ=** ет. *Затты өрнектеу, әшекейлеу, мәнерлеп, ою салу.*

**БЕЗЕРЛЕН=** ет. **1.** *Бедірею, безеру.* **2.** *Түсін суыту, қатулану.*

**БЕЗЕРЛЕНУ** *Безерлен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕРЛЕУ** *Безерле етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕРЛІК** зат. *Безер болушылық, бірбеттік, қиқарлық, қыңырлық.*

**БЕЗЕРТЕКЕ** [лат. Capra acgagrus] зат. зоол. *Жұптұяқтылар отрядының қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жабайы ешкі.*

**БЕЗЕРУ** *Безер етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1.** *Сазару, бедірею.* **2.** ауыс. *Түйін боп қату.*

**БЕЗЕРІЛ=** ет. *Ағытылу, тоқтамай сөйлеу.*

**БЕЗЕРІЛУ** *Безеріл етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕС=** ет. **1.** *Тіл мен жағына сүйенісу, айтысу, сөз жарыстыру.* **2.** *Қаруды сілтесу, кезесу, үйірісу.*

**БЕЗЕСУ** *Безес етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕТ[1]=** ет. *Жайнату, жасандыру.*

**БЕЗЕТ[2]=** ет. *Ағытылып тоқтамай сөйлеу.*

**БЕЗЕТУ[1]** *Безет[1] етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕТУ[2]** *Безет[2] етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕУ[1]** зат. мед. <лат. acne> *Қан айналымының бұзылуынан адамның терісіне, бетіне шығатын бөртпе.*

**Безеу бет.** *Бетін безеу басқан кісі.*

**БЕЗЕУ[2]** зат. қолөнер. *Әдемі түске ендірген өрнек, әшекей, нақыш жүргізу өнері.*

**БЕЗЕУ[3]** *Безе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Домбыраны нақышына келтіру, орындау, қағу.* **2.** *Қолды, кезеу, нұсқау.*

**БЕЗЕУБАС** зат. қолөнер. *Күміске өрнек жүргізетін, ұшында әртүрлі өрнектің бедері бар, қашау тәріздес темір құрал.*

**БЕЗЕУБІЗ** зат. қолөнер. *Күмістен жасалған бұйым бетіне өрнек салатын зергерлік құрал.*

**БЕЗЕУЛЕ=** ет. *Өрнектеу, әшекейлеу, сәндеу.*

**БЕЗЕУЛЕН=** ет. *Бетті безеу басу.*

**БЕЗЕУЛЕНУ** *Безеулен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕУЛЕУ** *Безеуле етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗЕУЛІ[1]** сын. *Бетінде безеуі бар, безеу түскен.*

**БЕЗЕУЛІ[2]** сын. *Безеу салынған, әшекейлі, өрнекті, әдемі.*

**БЕЗЕУШІ** зат. қолөнер. *Зергерлік бұйымдарды безеу өнерімен шұғылданушы.*

**БЕЗЕУІШ** зат. қолөнер. *Күмістелген бұйым бетіне безеу жүргізетін құрал, біз.*

**БЕЗМАҢҚА** зат. *Малдың танауға түсетін ауруы.*

**БЕЗНОИТИОЗ** зат. *Кеңсірік пен кеңірдектің ішкі қабығын, көздің шелін, терісі, бұлшық еттегі дәнекер тканьді мекендеп, шоғырланып жататын ірі қараның жұқпалы ауруы.*

**БЕЗОАР** зат. мед. *Асқазандағы бөгде зат.*

**БЕЗӨКПЕ** зат. ***Безбүйрек.***

**БЕЗУ** *Без етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қашу, қол үзу, құтылу.* **2.** *Мойындамау, қашу.*

**БЕЗУШІЛІК** зат. *Күдер үзушілік, түңілушілік.*

**БЕЗІК=** ет. *Бедірею, безеру, міз бақпау.*

**БЕЗІЛ** зат. *Зарлап жылаған, безілдеген дауыс.*

**БЕЗІЛДЕ=** ет. **1.** *Безек қағу, зарлау, безектеу, шырқырау.* // *Сарнау, қақсау.* **2.** *Дедек қағу, зыр жүгіру.* **3.** ауыс. *Үздіксіз бебеу қағу, құйқылжу, төгілу.* **4.** *Үздіксіз сылдырлау, шылдырлау.*

**БЕЗІЛДЕК** сын. *Безілдей бергіш, безілдеуік, зарлауық.*

**БЕЗІЛДЕС=** ет. *Безек қағысу.*

**БЕЗІЛДЕСУ** *Безілдес етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІЛДЕТ=** ет. **1.** *Үздіксіз бебеу қақтыру, құйқылжыту.* **2.** *Жылдам, тез жүргізу, жүйткіту, желдірту.*

**БЕЗІЛДЕТУ** *Безілдет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІЛДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Бебеу қақтыра түсу, жүйткіту.*

**БЕЗІЛДЕТІҢКІРЕУ** *Безілдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІЛДЕУ** *Безілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үздіксіз бебеу қағу.* **2.** *Безек қағу, шырқырау, жылау.*

**БЕЗІЛДЕУІК** сын. *Безілдегіш, шырылдауық, зарлауық.*

**БЕЗІН=** ет. **1.** *Қашқақтану, жеріну.* **2.** *Түңілу, торығу, күдер үзу.* **3.** ауыс. *Шошыну, қорқу, үрейлену.*

**БЕЗІНДІР=** ет. *Қашқақтату, түңілту, жеріндіру.*

**БЕЗІНДІРУ** *Безіндір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІНУ** *Безін етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІРЕ=** ет. жерг. *Безу, жоламау.*

**БЕЗІРЕЙ=** ет. экспр. *Бедірею, міз бақпау.*

**БЕЗІРЕЙТ=** ет. *Бедірейту.*

**БЕЗІРЕЙТУ** *Безірейт етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІРЕК** зат. *Қаңғыбас, ел кезгіш адам.*

**БЕЗІРЕН=** ет. *Шырығу, қатаю, қақаю.*

**БЕЗІРЕНУ** *Безірен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІРЕҢДЕ=** ет. *Безілдеу, безектеу.*

**БЕЗІРЕҢДЕУ** *Безіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІРЕЮ** *Безірей етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЗІС=** ет. *Алды-артына қарамай тұра қашысу, зымырасу.*

**БЕЗІСУ** *Безіс етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙ...** [ир. بی] *Күрделі атаулар құрамындағы «қатыссыз, жоқ, жойылған» деген сияқты болымсыз мағынаны білдіретін қосымша.*

**БЕЙАЙЫП** зат. *Мінсіз, таза.*

**БЕЙАҚЫЛ** [ир. بی عقل] сын. *Ақылсыз, ақылы аз.*

**БЕЙАПАР** сын. жерг. *Мазасыз, тынышсыз, бейбастақ.*

**БЕЙАРАМ** с ы н . *Шарасыз, амалсыз.*

**БЕЙАРМАН** с ы н . *Арманcыз.*

**БЕЙАУЫЗ** с ы н . *Аузына не келсе соны айтатын, бетпақ.*

**БЕЙӘДЕП** [ир. ар. بی‌أدب] с ы н . *Әдепсіз, көргенсіз, тәртіпсіз.*

**БЕЙБАҚ** [ир. بی بخت] с ы н . **1.** *Байғұс, бишара, мүсәпір, сорлы.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Оңбаған, соққан.*

**Бейбақ ел.** *Қарапайым, жай халыққа жаны ашу, мүсіркеу нышанымен айтылатын қолданыс.*

**БЕЙБАҚТЫҚ** з а т . *Бейбақ болушылық, бишаралық, мүсәпірлік, сорлылық.*

**БЕЙБАҚЫТ** [ир. بی بخت] с ы н . *Бақытсыз, сорлы.*

**БЕЙБАС** с ы н . *Содыр-сойқан, тентек, әдепсіз. // Сотқар, оңбаған, жүгенсіз.*

**БЕЙБАСТАҚ** с ы н . **1.** *Бас білмейтін, жүген-құрық көрмеген, бастықпаған.* **2.** *Тәртіпсіз, әдепсіз, көргенсіз.* **3.** *Жөн білмейтін, ұрда-жық, ақылсыз, сотқар.*

**БЕЙБАСТАҚТАУ** с ы н . *Тәртіпсіздеу, әдепсіздеу, жүгенсіздеу.*

**БЕЙБАСТАҚТЫҚ** з а т . *Сотқарлық, жүгенсіздік, тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық, бетімен кетушілік.*

**БЕЙБАСТЫҚ** з а т . *Сотқарлық, тентектік, тәртіпсіздік, әдепсіздік, бассыздық.*

**БЕЙБАУЫРМАЛ** с ы н . *Бауырмал емес, туысшылдығы жоқ, кісімен араласудан қашақтап жүретін, тасбауыр, тас жүрек (адам).*

**БЕЙБАУЫРМАЛДЫҚ** з а т . *Тасбауырлық.*

**БЕЙБЕРЕКЕТ** [ир. بی برکة] с ы н . **1.** *Берекесіз, қалай болса солай.* **2.** *Дүниені шашқыш, ысырапшыл.*

**БЕЙБЕРЕКЕТСІЗ** с ы н . *Қалай болса солай, жүйесіз.*

**БЕЙБЕРЕКЕТСІЗДІК** з а т . *Бейберекет болушылық, басынушылық, қалай болса солай қараушылық, жүйесіздік.*

**БЕЙБЕРЕКЕТТІК** з а т . *Берекесіздік, тәртіпсіздік, немқұрайдылылық.*

**БЕЙБІТ** [ир. بهبود] с ы н . **1.** *Айғай-шусыз, тыныш, тыныштық, жайбарақат, бейқам.* **2.** *Дос, тату.* **3.** *Соғыссыз, ұрыссыз.*

**БЕЙБІТСУ** *Бейбітсі етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙБІТСҮЙГІШ** с ы н . *Бейбітшілікті жақтайтын, соғысқа қарсы, тыныштықты қалайтын.*

**БЕЙБІТСҮЙГІШТІК** з а т . *Бейбітшілікті жақтаушылық, бейбіт өмір сүруді қалаушылық.*

**БЕЙБІТСІ=** е т . *Бейқамсу, бейбіт болғансу.*

**БЕЙБІТТІК** з а т . *Тыныштық, бейбітшілік, жайбарақаттық.*

**БЕЙБІТШІЛ** с ы н . *Тыныштықты, бейбітшілікті жақтағыш.*

**БЕЙБІТШІЛДІК** з а т . *Бейбітшіл болушылық.*

**БЕЙБІТШІЛІК** з а т . с а я с и . *Мемлекеттер, елдер мен халықтар арасындағы соғыссыз, бейбіт қарым-қатынас, татулық, тыныштық. // Тыныштық, татулық.*

**Бейбітшілік корпусы.** т а р . *Халықтар арасындағы өзара түсінушілік пен бейбітшілікті нығайту үшін 1961 жылы құрылған бейресми ұйым.* **Бейбітшілік құсы.** *Бейбіт өмір символы; көгершін.* **Бейбітшілік орнатты.** *Соғысты тоқтатты, бейбіт өмір әкелді.*

**БЕЙҒАМ** с ы н . с ө й л . ***Бейқам.*** *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат.*

**БЕЙҒИБЫРАТ** с ы н . *Ғибратсыз, өнегесіз.*

**БЕЙДАЛА** з а т . *Құла түз, ен дала, айдала.*

**БЕЙДАУА** [ир. ар. بی دواء] с ы н . **1.** *Дауасыз, жазылмайтын, емі жоқ.* **2.** *Екіұдай, талас.*

**БЕЙДӘРМЕН** [ар. بی درمان] с ы н . *Дәрменсіз, әлсіз, қуатсыз.*

**БЕЙДӘУЛЕТ** с ы н . *Мал-мүлкі жоқ кедей-кепшік.*

**БЕЙДЕРЕК** с ы н . *Дерексіз.*

**БЕЙДЖ** [ағыл. badge] з а т . *Конференцияға, көрмеге қатысушының, фирма қызметкерінің т.с.с. жеке карточкасы.*

**БЕЙДАМАҚ: бейдамақ болды.** а) *Күдерін үзді.* ә) *Азат болды.*

**БЕЙДІМАҚ: бейдімақ болды.** к ө н е . *Мүлде ада болды, айырылып қалды.*

**БЕЙДІН** с ы н . *Дінсіз.*

**БЕЙЖАЙ** с ы н . **1.** *Жайбарақат, қаперсіз.* **2.** *Қамсыз, алаңсыз.* **3.** *Мең-зең, дел-сал.*

**Бейжай болды.** а ) *Жайбарақат болды.* ә ) *Беймаза болды, мазасызданды.* **Бейжай күйге түсті.** *Көңілі жабырқап алаң болды, беймаза күйге түсті.* **Бейжай тартты.** *Дел-сал, мең-зең болды.*

**БЕЙЖАЙЛАУ** с ы н . *Мазасыздау, күйсіздеу, жайсыздау.*

**БЕЙЖАЙЛЫҚ** з а т . **1.** *Бейжай болушылық, жайбарақаттық, бейғамдық.* **2.** *Алаңдаушылық, мазасыздық.* **3.** п с и х о л . *Адам көңіл-күйінің өтпелі қалпы.*

**БЕЙЖОСЫҚ** с ы н . *Әдепсіз, көргенсіз, арсыз.*

**БЕЙЗА** з а т . з о о л . <лат. oryx beisa> *Африкада тіршілік ететін орикстер туысына жататын, мүйізінің ұзындығы 1 метрдей бөкендердің бір түрі.*

**БЕЙЗАБАН** с ы н . *Тілсіз; момын, жуас.*

**БЕЙЗАУАЛ** с ы н . *Зауалсыз.*

**БЕЙЗӘРУРӘТ** с ы н . *Қажетсіз.*

**БЕЙКЕМЕЛ** з а т . *Кемеліне келмеген, пісіп-жетілмеген.*

**БЕЙКОММЕРЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Коммерция лық емес.*

**БЕЙКҮНӘ** [ир. بی گناه] с ы н . *Жазықсыз, айыпсыз, күнәсіз.*

**БЕЙКҮНӘЛІК** з а т . *Күнәдан пәктік, жазықсыздық, айыпсыздық.*

**БЕЙКҮНӘМСУ** *Бейкүнәмсі етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙКҮНӘМСІ=** е т . *Айыбы жоқсыну, күнәсіз болғансу, мүләйімсу.*

**БЕЙҚАДІР** [ир. ар. بی قدر] с ы н . *Қадірсіз, беделсіз.*

**Бейқадір етті [қылды].** *Қадірсіз етті, беделден жұрдай етті.*

**БЕЙҚАЙРАТ** [и р . а р. بی غیرت] с ы н . *Қайратсыз, дәрменсіз, жігерсіз.*

**БЕЙҚАМ** [ир. بیغم] с ы н . *Қамсыз, алаңсыз, жайбарақат, қаннен-қаперсіз.*

**Бейқам етті.** *Қамсыз қылды.*

**БЕЙҚАМДАУ** с ы н . *Тыныштау, алаңсыздау, жайбарақаттау.*

**БЕЙҚАМДЫҚ** з а т . *Бейқам болушылық, мінез-құлықтағы олқылық, қамсыздық, қауіпсіздік, жайбарақаттық.*

**БЕЙҚАМСУ** *Бейқамсы етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙҚАМСЫ=** е т . *Жайбарақат, бейқам болғансу.*

**БЕЙҚАМСЫЗ** с ы н . *Алаңсыз, қаннен-қаперсіз.*

**БЕЙҚАМСЫЗДЫҚ** з а т . *Бейқамсыз болушылық, салдыр-салақтық, жайбарақаттық, қаннен-қаперсіздік, еш нәрсеге алаң болмаушылық.*

**БЕЙҚАРАР[1]** [ир. بی قرار] с ы н . *Тұрақсыз, табансыз.*

**БЕЙҚАРАР[2]** [ир. بی قرار] ү с т . *Шарасыз, амалсыз.*

**БЕЙҚИСАП** [ир. بی حساب] с ы н . *Қисапсыз, сансыз, мол, көп.*

**БЕЙҚУАТ** [ир. بی قوت] с ы н . *Қуатсыз, қайратсыз, жігерсіз.*

**БЕЙҚҰДА** с ы н . *Құдайсыз.*

**БЕЙҚҰЛЫҚ** [ир. ар. بی خلق] з а т . *Құлқы жоқ, құлықсыз, бейілсіз.*

**БЕЙҚҰТ** [ир. بی قوت] с ы н . *Қаннен-қаперсіз, бейбіт; тыныш.*

**БЕЙМАҒЛҰМ** [ир. ар. بی معلوم] с ы н . *Белгісіз, беймәлім.*

**БЕЙМАҒЫНА** [ир. ар. بی معنی] з а т . *Мағынасыз, мәнсіз.*

**БЕЙМАЗА** [ир. بی مزه] с ы н . **1.** *Мазасыз, тынышсыз; дамылсыз, тынымсыз.* **2.** *Дамылсыз, тынымсыз, тұрақсыз.* **3.** п с и х о л . *Мазасыз, тынымсыз, мінез бітістерінің түріне жататын астепикалық сезім.* **4.** а у ы с . *Жайсыз, жағымсыз.*

**Беймаза болды.** *Әбігерленді, тынышсызданды.* **Беймаза қылды.** *Мазасын алды, тынышын кетірді.*

**БЕЙМАЗАЛА=** е т . *Мазасын кетіру, тынышын алу, дамыл бермеу.*

**БЕЙМАЗАЛАН=** е т . *Мазасыздану, тынымсыздану.*

**БЕЙМАЗАЛАНУ** *Беймазалан етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙМАЗАЛАУ[1]** с ы н . *Мазасыздау, тынышсыздау.*

**БЕЙМАЗАЛАУ[2]** *Беймазала етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙМАЗАЛЫ** с ы н . *Мазасыз, жайсыз, тынышсыз.*

**БЕЙМАЗАЛЫҚ** з а т . **1.** *Беймаза болушылық, мазасыздық, тынымсыздық.* **2.** п с и х о л . *Адамның сезім, уайым, урейге тез бой алдыру түріндегі мазасыз мінез сипаты.*

**БЕЙМАЛАЛ** [ир. ар. بی ملال] с ы н . *Бейқам, алаңсыз.*

**БЕЙМАР** [ир. بیمار] з а т . *Ауру, сырқат.*

**Беймар болды.** *Ауырды, сырқырады.*

**БЕЙМАРДАН** с ы н . *Қорқақ; сужүрек.*

**БЕЙМАРАЛ** с ы н . ж е р г . *Еркін, жайбарақат, бейқам.*

**БЕЙМАРАЛДЫҚ** з а т . ж е р г . *Беймарал болушылық, еркіндік, бейқамдық.*

**БЕЙМАТЕРИАЛДЫҚ: бейматериалдық активтер.** э к о н . *Ақшаға жатпайтын, нақты мәні жоқ, тауарларды өндіруде немесе өткізуде, әкімшілік мақсаттарда, басқа субъектілерге жалға беруде ұзақ уақыт бойына пайдалануға арналған активтер.*

**БЕЙМӘЛІМ** [ир. ар. بی معلوم] с ы н . *Мәлімсіз, белгісіз.*

**БЕЙМЕЗГІЛ** с ы н . *Мезгілсіз, мезгілінен бұрын.*

**Беймезгіл жұмыс.** *Белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс мерзімде атқарылатын еңбек.*

**БЕЙМЕТАЛ** з а т . т е х . **1.** *Өнеркәсіптің металлургиялық, химиялық және басқа салаларына арналған шикізаттар.* **2.** *Металдарға тән қасиеттері жоқ қарапайым заттар.*

**БЕЙНАМАЗ** [ир. ар. بی نماز] с ы н . **1.** *Намаз оқымайтын, намазы жоқ.* **2.** а у ы с . *Мұсылман емес.*

**БЕЙНАРЫҚ** з а т . з о о л . <mergus merganser> *Қаз тәріздiлер отряды, үйректер тұқымдасына жататын құс.*

**БЕЙНАУА** [ир. بی نوا] с ы н . *Қайырсыз, пайдасыз.*

**БЕЙНЕ[1]** з а т . **1.** *Кескін-келбет, түр, түрпат, тұлға.* **2.** *Мүсін, сымбат, пішін, көрік.* **3.** п с и х о л . *Дүниедегі заттардың, жануарлар мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуінен қалған із, таңба, өзгеріс.* **4.** ә д е б . *Өмірді сөз өнері арқылы бейнелеп берудің құралы мен пішімі ретіндегі эстетикалық категория, көркем шығарма яки ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, образ, тұлға.* **5.** *Көрік, көрініс, кейіп, жүз.*

**Бейнелерді тану.** мат. ***Бейнетану.*** **Бейнелерді шифрдан шығару.** тех. *Бейнелерді, олардың бейнеленулері (фотографиялық, теледидарлық, жылылық, радиолокациялық, голографиялық және т.б.) арқылы табу, тану және бағалау.* **Бейнені айырып тану.** инф. <ағыл. artificial perceptions> *Компьютерлік бағдарламаның белгілерді айырып-тану, топтастыру немесе ұқсастыру тәсілдерінің жиынтығы.* **Бейнені қалпына келтіру.** инф. <ағыл. screen refresh, image reconsfruction> *Қалпына келуге тиісті бейненің жадтағы түрі негізінде қалыптастыруды орындауға қажетті оқиғалар тізбегі.*

**БЕЙНЕ**[2] шыл. **1.** *Секілді, сияқты, тәрізді.* **2.** *Нағыз, дәл, кәдімгі.*

**Бейне бір.** *Сөйлемде өзінен кейін (кейде бұрын да) келетін сөзді сипаттаушы тәрізді, секілді, сияқты, ұқсайды деген мағынадағы көмекші сөз-қолданыс.* **Бейне [бақшадай] Иранбақ.** поэт. а) *Асқан әдемі жер, саялы, саябақты, абаттанған мекен.* ә) *Көркі тасқан, күш-келбеті келіскен, жайнаған.*

**БЕЙНЕ**[3]**...** терм. *Кескін, бейне сигналдарды теледидарда, электрондық есептеуіш мәшине мен басқа да құрылғылардың экрандарында көрсетуге қатысты аспап, құрылғы, құбылыс, материал т.б. білдіретін күрделі атаулар құрамындағы сөз.*

**БЕЙНЕАДАПТЕР** зат. инф. <ағыл. video adapter> *Монитордағы бейнені басқару үшін бас тақшаға орнатылған немесе кеңейтуге арналған қосқыштарға жалғанатын схемалық тақша.*

**Бейнеадаптер тақшасы.** инф. <ағыл. video adapter card> *Компьютерге бейнекамераларды, бейнемагнитофонды немесе басқа бейнеқұрылғыларды жалғауға арналған тақша.*

**БЕЙНЕАҚПАРАТ** зат. инф. *Түрлі-түсті кескіндер түрінде берілетін ақпарат (фотосуреттер, суреттер және т.б.).*

**БЕЙНЕАРНА** зат. *Видеоканал.*

**БЕЙНЕБАЙЛАНЫС** зат. *Экран арқылы байланыс жасау.*

**БЕЙНЕБАҚЫЛАУ** зат. тех. *Бейне немесе дыбыс жазу құралдары арқылы қандай да бір нысанды байқау, аңду.*

**БЕЙНЕБАЯН** зат. *Әнді орындау кезіндегі белгілі бір оқиғаға құрылған бейнекөрініс, бейнеклип.*

**БЕЙНЕБУФЕР** зат. инф. <ағыл. videobuffer> *Дисплей экранында көрсетілген ақпаратты сақтауға арналған жедел жад бөлігі.*

**БЕЙНЕГРАФИКАЛЫҚ: бейнеграфикалық матрица.** инф. <ағыл. video graphics array (VGA)> *Мониторлық көптеген мәтіндік және графикалық режімдерінің жұмысын қамтамасыз ететін дербес компьютерлердің бейнестандарты және соған сәйкес бейнеадаптер.*

**БЕЙНЕДЕЙ** сын. *Кескініндей, тұлғасындай, көрінісіндей.*

**БЕЙНЕДИСК** зат. инф. <ағыл. video disk> *Бетіне лазер сәулесі арқылы мәлімет жазылатын металдан немесе пластмассадан жасалған диск.*

**БЕЙНЕЖАЗБА** зат. тех. *Көріністік және дыбыстық материалды бейнеүлдірге жазып алу.*

**БЕЙНЕЖАД** зат. инф. <ағыл. video RAM> *Экранға шығарылатын ақпаратты сақтаушы дисплейдің реттеуші-басқарушы аппаратының (құрылғысының) жады.*

**БЕЙНЕКАМЕРА** зат. тех. *Теледидарлық бейнежазуға арналған шағын әрі тасымалдауға ыңғайлы электрондық аспап.*

**БЕЙНЕКАРТА** зат. тех. <ағыл. video card> *Бейнекамера, бейнемагнитофон немесе кез келген басқа композитті сигнал көзінен алынатын бейнемәліметтерді дисплей экранына шығаруға мүмкіндік беретін, компьютерлік графикасымен және бейнемәліметтермен жұмыс істеуге арналған құрылғы.*

**БЕЙНЕКАССЕТА** зат. ***Бейнетаспа*** *(теледидар және т.б. электрондық техниканың экранында қайта бейнелеу үшін адам, зат т.б. кеңістіктегі заттардың бейнесі, дыбысы түсірілген таспа).*

**БЕЙНЕ-КЕЛБЕТ** зат. *Тұлға-тұрпат, кескін-кейіп.*

**БЕЙНЕКЛИП** зат. өнер. *Сахнада айтылған әннің, оны орындаушының және де сюжеттің бейнекөрінісі.*

**БЕЙНЕКӨПІР** зат. *Экран арқылы байланысу.*

**БЕЙНЕҚОНДЫРҒЫ** зат. *Айналада болып жатқан құбылыстарды, оқиғаны түсіріп алу мақсатында орнатылатын арнайы құрылғылар.*

**БЕЙНЕҚОР** зат. *Сақталған бейнежазбалардың жиынтығы, бейнекамера таспаларына жазылып алынған деректер жиынтығы.*

**БЕЙНЕҚҰЖАТ** зат. *Бейнежазбаға түсірілген құжаттар.*

**БЕЙНЕҚҰРЫЛҒЫ** зат.тех. <ағыл. videounit> *Дисплей, теледидар, сәулелік қаламсап сияқты бөліктерден тұратын мәліметтерді бейнелеуге арналған құрылғы.*

**БЕЙНЕЛЕ=** ет. **1.** *Өмірдегі тіршілік көрінісін көркем бейне арқылы беру, көрсету, суреттеу.* **2.** *Мегзеу, бағдарлау, тұспалдау.* **3.** *Таңбалау, белгілеу.* **4.** *Әсірелеу, ерекшелеу.*

**БЕЙНЕЛЕМЕ** зат. *Суреттеме, көріктеуіш тәсіл.*

**БЕЙНЕЛЕН=** *Ақиқат дүние нысандарының сөз өнері немесе басқа да көркем тәсілдер арқылы суреттелуі, көрсетілуі.*

**БЕЙНЕЛЕНУ** *Бейнелен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көріну, көрініс табу.* **2.** филос. *Танымды объективтік болмыстың туындысы ретінде түсіндіретін материалистік философиялық негізгі ұғым.* **3.** психол. *Дүнедегі заттардың, соның ішінде жәндіктер мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуі, өзгеруі.*

**БЕЙНЕЛЕС** сын. *Пішіндес, кейіптес, ұқсас, тәріздес.*

**БЕЙНЕЛЕТТІР=** ет. *Суретті, сұлбаны біреуге белгілі бейнелету, салдырту.*

**БЕЙНЕЛЕТТІРУ** *Бейнелеттір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙНЕЛЕУ 1.** *Бейнеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көрсету, таңбалау, таңбаға түсіру.* **2.** өнер. *Ақиқаттағы қоршаған болмыстағы әртүрлі нысандарды көркемөнер арқылы суреттеу.* **3.** псих. *Сыртқы дүниені мида суреттеу, көрсету.* **4.** әдеб. *Сөз өнері арқылы ақиқат дүние нысандарын көркем суреттеу.* **5.** тех. <ағыл. display, image, map, mapping> *Электронды есептеуіш мәшинелерде, компьютерлік техникада мәліметтердің көзбен көруге ұсынылуы.* **5.** *Кейіптеу, бір бейнені салу, соны көрсету.*

**Бейнелеу өнері**. өнер. <ағыл. figurative art> *Кескіндеме, мүсін, графика, сән сияқты өнерлердің бірнеше түрін қамтитын ұғым, дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін классикалық өнердің бір саласы.*

**БЕЙНЕЛЕУШІ** сын. *Суреттеуші, сипаттаушы.*

**БЕЙНЕЛЕУІШ**: **бейнелеуіш сөздер**. лингв. *Қандай бір көріністің я құбылыстың бейнесін білдіретін сөздер.*

**БЕЙНЕЛІ** сын. **1.** *Бейнелес, бейнесі бірдей, ұқсас.* **2.** *Келбетті, көрікті.* **3.** *Кескінді, тұлғалы.* **4.** әдеб. *Мәнерлі, айшықты, көркем.* **5.** *Тәрізді, секілді, сияқты, іспеттес.*

**Бейнелі ес.** псих. *Заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруы.* **Бейнелі ойлау.** псих. *Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мида жалпы, жанама түрде түрлі ұғымдар арқылы бейнеленуі.*

**БЕЙНЕЛІК** сын. әдеб. *Айшықты, көркем, мәнерлі.* // сөйл. ***Бейнелілік.***

**БЕЙНЕЛІЛІК** зат. *Бейнелі болушылық, айшықтылық, мәнерлілік.*

**БЕЙНЕМАГНИТОФОН** зат. тех. *Белгілі бір нысанды дыбысымен қоса электрлік сигнал түрінде магниттік таспаға жазуға және оны қайта көруге арналған телефон, құрылғы.*

**БЕЙНЕМАТЕРИАЛ** зат. *Белгілі бір оқиғаға, жағдайға байланысты таспаға түсірілген, жинақталған материал.*

**БЕЙНЕМӘСЛИХАТ** зат. *Бір-бірінен алыс арақашықтықтағы қатысушылардың бейнесін телеэкранда көрсету арқылы өткізілетін мәжіліс, пікір алысу, жиын.*

**БЕЙНЕМӘТІН** зат. инф. <ағыл. videotext> *Мәтіндер мен бейнелерді беруді қамтамасыз ететін мәліметтер қорына байланыс желілері арқылы қол жеткізу жүйесі.*

**БЕЙНЕОЙЫН** зат. *Ғаламтордағы немесе арнайы таспаларға жазылған ойындар.*

**БЕЙНЕӨНІМ** зат. *Бейнелеу аппараттарына арналған өндіріс заттары.*

**БЕЙНЕРОЛИК** зат. өнер. ***Бейнешығыршық.***

**БЕЙНЕСАБАҚ** зат. пед. *Бейнекөріністер көрсету арқылы оқушыларға білім беретін оқыту процесінің бір элементі.*

**БЕЙСЕНІМ: бейсенім [сенімсіздік] вотумы.** саяси. *Үкіметтің белгілі бір акциясын не заң жобасын парламенттегі төменгі палатаның мақұлдамауы.*

**БЕЙНЕСИГНАЛ** зат. физ. *Теледидарда, радиолокацияда, факсимилді байланыста бейнені құру үшін пайдаланылатын ауқымды спектрі бар электр сигналы.*

**БЕЙНЕСІЗ** сын. **1.** *Көріксіз, кескінсіз.* **2.** ауыс. *Кескіні бұлдыр, ұстатпайтын.*

**БЕЙНЕТ** зат. **1.** *Азап, мехнат, машақат.* **2.** ауыс. *Еңбек, тынымсыз әрекет, қиындық.*

**Бейнетке түспеді.** *Азаптанбады, қиналмады, мехнаттанбады.* **Бейнетке түсті.** *Азапқа қалды, қиыншылық көрді.* **Бейнет көрді [тартты, шекті].** *Азап шекті, қиянат көрді, қиналып, қиыншылық көрді.* **Бейнет сусынын ішті.** *Азапқа тұсті, мехнат кешті.* **Бейнеті желге кетті**. *Еңбегі еш, зая болды, істеген еңбегі далаға кетті.*

**БЕЙНЕТАНУ** зат. мат. *Нақты белгілер мен қасиеттер жиынтығы арқылы сипатталатын нысан, құбылыс, процесс белгіні т.б. зерттейтін кибернетиканың бір саласы.*

**БЕЙНЕТАСПА** зат. тех. *Теледидарлар және т.б. бейнелеу аппараттарының экранында заттардың, ақиқат үзігінің көрінісі мен дыбыстарды қайта көрсетуге және оларды жазып сақтауға арналған магнитті таспа.*

**БЕЙНЕТЕЛЕФОН** зат. *Екі жақты дыбыстық және көру байланысына арналған құрылғы.*

**БЕЙНЕТКЕР** зат. *Өз нанын қара жұмыспен табатын адам; еңбеккер, еңбекшіл.*

**Бейнеткер тап.** совет. поэт. *Әлеуметтік ахуалы төмен, саяси биліктен шеттетілген қара жұмысшы, жалшы сияқты т.б. қоғамдық топтардың қабаты.*

**БЕЙНЕТКЕРЛІК** зат. *Бейнетқор болушылық.*

**БЕЙНЕТКЕШ** сын. сөйл. ***Бейнетқор.***

**БЕЙНЕТҚОР** сын. *Еңбек сүйгіш, еңбекшіл.*

**БЕЙНЕТҚОРЛЫҚ** зат. *Бейнетқор бо-*

*лушылық, еңбек сүйгіштік, бейнеткерлік, еңбекқорлық.*

**БЕЙНЕТСІЗ** сын. *Қиыншылықсыз, мехнатсыз, азапсыз.*

**БЕЙНЕТСІЗДІК** зат. *Еңбек етіп қиналмаушылық; жолы болғыштық, бақтылық, мехнатсыздық.*

**БЕЙНЕТТЕН=** ет. **1.** *Еңбек ету, әрекеттену.* **2.** *Азаптану, жанын қинау.*

**БЕЙНЕТТЕНДІР=** ет. *Машақаттандыру, мехнат шектіру.*

**БЕЙНЕТТЕНДІРУ** *Бейнеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙНЕТТЕНУ** *Бейнеттен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙНЕТТІ** сын. *Азабы мол, машақаты көп, мехнатты.*

**БЕЙНЕТШІ** зат. сөйл. *Еңбекқор, бейнеткер.*

**БЕЙНЕТШІЛ** сын. *Мехнатшыл, бейнеткер.*

**БЕЙНЕТШІЛІК** зат. *Бейнеткерлік, еңбекқорлық.*

**БЕЙНЕТІРКЕУ** зат. *Бейнекамера арқылы көріністі қадағалап, жазып отыру.*

**БЕЙНЕУ** зат. *Бір нәрсенің сиқы, әрі, көркі.* **Бейнеуі кетті.** *Қиюы кетті, сиқы жоғалды, кейпі қашты.*

**БЕЙНЕУСІЗ** сын. *Кейіпсіз, кескінсіз, сиықсыз.*

**БЕЙНЕҮЛДІР** зат. тех. жаңа. *Бейнемагнитофонның бейне және дыбыс жазуға арналған жіңішке таспасы.*

**БЕЙНЕҺАЯТ** сын. *Шексіз.*

**БЕЙНЕШЫҒЫРШЫҚ** зат. жаңа. *Қысқа, ұзақтығы бір минутқа дейінгі фильм.*

**БЕЙНЕШІЛ** зат. *Көркем, келісті, бейнені шебер беретін.*

**БЕЙНЕШІЛДІК** зат. *Бейнешіл болушылық, көркемділік, нақыштылық.*

**БЕЙНЕШІЛІК** зат. *Адам бейнесін айнытпай қағазға түсіретін суретшілік.*

**БЕЙНЕІЗДЕГІШ** зат. тех. *Бейнекамараларда болатын таспаға немесе жадқа жағылған бейнені шағын экранда қайта көруге арналған құрылғы.*

**БЕЙНИТ** зат. кен. *Аустениттің аралық деп аталатын айналуы нәтижесінде түзілетін болат құрылымы.*

**БЕЙОНИМ** зат. лингв. <лат. de (бей) – жоғалу, жойылу, грек. onyma – атау есім> *Ешқандай қосымшасыз жалқы есімнен жалпы есімге айналған атау.*

**БЕЙОНИМДЕН=** ет. лингв. *Тілдегі жалқы есімдердің ешқандай қосымшасыз жалпы есімге айналуы.*

**БЕЙОНИМДЕНУ** зат. лингв. *Тілдегі жалқы есімдердің ешқандай қосымшасыз жалпы есімге айналу процесі.*

**БЕЙОПА** [ир. ар. بي وفاء] сын. *Опасыз, тұрлаусыз, тұрақсыз.*

**БЕЙОПАЛЫҚ** зат. *Бейопа болушылық, опасыздық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық.*

**БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ: бейорганикалық қосылыстар.** хим. *Барлық химиялық элементтердің, соның ішінде тек көміртек қосылыстарының басым көпшілігін есептемегендегі химиялық қосылыстар.* **Бейорганикалық нитраттар.** хим. *Азот қышқылының тұздары, кристалдық заттар, тотықтырғыштар.*

**БЕЙӨНДІРІСТІК: бейөндірістік шығын.** экон. *Әкімшілікті ұстауға, өнімді өткізуге жұмсалатын шығын.*

**БЕЙПАЙДА** [ир. ар. بي فائده] сын. *Пайдасыз, қажетсіз, керексіз.*

**БЕЙПАРАСАТ** [ир. بي فراست] сын. *Парасатсыз, ақыл-санасыз.*

**БЕЙПАРТИЯЛЫҚ** зат. саяси. *Ешбір саяси партияда мүше болмаушылық, партияда жоқтық.*

**БЕЙПАРУА** [ир. بي پرواي] сын. *Әбігер, әуре.*

**БЕЙПАРЫҚ** [ир. ар. بي فرق] сын. *Парықсыз, берекесіз.*

**БЕЙПӘРУАЙ** үст. *Қорқынышсыз, қорықпай.*

**БЕЙПЕРЗЕНТ** [ир. بي فرزند] сын. *Перзентсіз, ұрпақсыз.*

**БЕЙПІЛ** сын. **1.** *Былапыт, дөрекі.* **2.** *Қаперсіз, бейқам, қалай болса солай.* **3.** *Шексіз, мол, тегін, көп.*

**Бейпіл ауыз**. *Тілінде тиек жоқ, аузына келгенін айтатын, былапыт сөйлейтін адам.*

**БЕЙПІЛДЕН=** ет. *Бейпіл сөйлеу.*

**БЕЙПІЛДЕНУ** *Бейпілден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙПІЛДЕУ** сын. *Бейпіл ауыздау.*

**БЕЙПІЛДІК** зат. **1.** *Бейпіл ауыздық, қалай болса солай сөйлеушілік.* **2.** *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.*

**БЕЙРАЗИ** сын. *Риза емес.*

**БЕЙРАТ**: [ир. بي راحت] **бейрат болды**. жерг. *Бей-берекет, берекесіз болды.*

**БЕЙРЕЗИДЕНТ** зат. экон. *Қызметті елде жүзеге асыратын, бірақ басқа елде тіркелген заңды тұлға.*

**БЕЙРЕСМИ** [ир. ар. بي رسمي] сын. **1.** *Мемлекеттік, лауазымдық ресми ережелерге, заңдарға сай емес, олардан тыс, тәуелсіз, еркін.* **2.** *Беймемлекеттік, ресми түрде рұқсат етілмеген.*

**Бейресми қатынас [қарым-қатынас].** *Адамдар арасындағы лауазымдық немесе қоғамдық ресми институтқа қатыссыз, еркін, жақын қатынас, араластық.* **Бейресми мәлімет.** кіт. *Ресми бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілмеген, ресми түрде мақұлданып бекімеген аппарат.* **Бейресми [ресми емес] оппонент.** ғыл. *Ресми емес оппоненттер санына шек қойылмайды.* **Бейресми топ.** қоғ.-әлеум. *Заңдық тұрғыдан мәртебесі жоқ, мүдделер, достық пен симпатиялар негізінде не прагматикалық пайдалылығы негізінде ықтиярлы түрде біріккен нақты әлеуметтік қауымдастық.*

**БЕЙРЕСМИЛІК** зат. *Ресми еместік, рұқсат етілмегендік.*

**БЕЙРУДА: бейруда пайдалы қазбалар.** кен. *Көне заманнан бері қолданыла бастаған халық шаруашылығының көптеген салаларында табиғи немесе өңделген күйінде пайдаланылатын әртүрлі минералдар мен тау жыныстары.*

**Бейруда пайдалы қазылымдар.** кен. ***Бейруда пайдалы қазбалар.***

**БЕЙРУДАЛЫ** сын. *Пайдалы кенге жатпайтын (шағыл тас, қиыршық тас, цементке қажетті шикі заттар).*

**БЕЙРУДАЛЫҚ: бейрудалық шикізаттар.** кен. ***Бейруда пайдалы қазылымдар.***

**БЕЙСАҒАТ** сын. *Сәтсіз.*

**БЕЙСАЛДЫҚ** зат. *Дел-сал болғандық, сүлесоқтық, бейжайлық.*

**БЕЙСАНАЛЫ** сын. *Санасыз, ойланбай.*

**БЕЙСАНАЛЫҚ** зат. филос. *Адам санасында анықталмайтын психикалық тылсым процестердің жиынтығы, мәдениеттануда сана құбылыстарынан сапалы өзгешеліктері бар құрылымдары.*

**Бейсаналық әрекет.** псих. *Адам психикасында санадан тыс жүзеге асатын әрекет.*

**БЕЙСАР** сын. жерг. *Оғаш, орынсыз.*

**БЕЙСАРАМЖАЛ** сын. *Бейғам, қамсыз.*

**БЕЙСАУАТ** сын. **1.** *Бейтаныс, бөгде, бөтен.* **2.** *Қамсыз, қауіпсіз, қаперсіз.* **3.** *Орынсыз, ретсіз, сөлекет.* **4.** *Сауатсыз, сауаты жоқ.*

**Бейсауыт жүрісті.** *Қамсыз жүрген.*

**БЕЙСАУАТТЫҚ** зат. *Бейтаныстық, бөгделік, бөтендік.*

**БЕЙСАУБАТ** сөйл. ***Бейсауат.***

**БЕЙСАХИБ** сын. *Иесіз.*

**БЕЙСАЯСАТ** [ир. ар. بي سياست] зат. сын. *Саясаттан тыс, саятқа қатыссыз.*

**БЕЙСАЯСАТТЫҚ** зат. <грек. а – бей, жоқ, қатыссыз; politika – саясат> *Жеке адаммен әлеуметтік топтардың елдегі саяси оқиғаларға енжарлығы, жағымсыз қатынасы.*

**БЕЙСАЯСИЛАНДЫРУ=** ет. *Саяси мазмұнан, саяси құраушылардан айыру.*

**БЕЙСБОЛ** [ағыл. baseball]. зат. спорт. *Таяқшамен (битамен) допты соғып ойнайтын спорттық ойын.*

**БЕЙСБОЛШЫ** зат. *Бейсболмен айналысатын спортшы, ойыншы.*

**БЕЙС-ДЖАПИНГ** [ағыл. BASE jumping] зат. спорт. *Белгілі бір биіктіктерден арнайы парашют пен секіретін экстремалды спорттың түрі.*

**БЕЙСЕНБІ** [ир. پنج شنبه] зат. *Аптаның төртінші күні.*

**БЕЙСЕНБІЛІК** зат. **1.** *Бейсенбі күні өтетін іс-шара.* **2.** жерг. *Бейсенбі күні аруақтарға бағыштап берілетін ас.*

**БЕЙСЕУБЕТ** сын. сөйл. ***Бейсауат.***

**БЕЙСЕУЕТ** сын. сөйл. ***Бейсауат.***

**БЕЙСЕУІТ** сын. сөйл. ***Бейсауат.***

**БЕЙСИК** зат. инф. *Қарапайым синтаксисі мен шағын көлемді ережелері бар, жоғары деңгейлі сұхбаттық режимде жұмыс істеуге арналған программалау тілі.*

**БЕЙСУАТ** сын. сөйл. ***Бейсауат.***

**БЕЙСҮРІКТІ** сын. *Нақты мерзімі жоқ, өмір бақи.*

**БЕЙСІ** моңғ. зат. *Лауазым, билік атауы.*

**БЕЙТАҒАТ** [ир. ар. بي طاعت] сын. *Тағатсыз, шыдамсыз.*

**БЕЙТАЗАЛЫҚ** зат. *Тазалықтың жоқтығы, салақтық, настық.*

**БЕЙТАМЫР** зат. бот. <лат. wolffia arrhyza> *Африкада өсетін шар тәрізді кішкене өсімдік.*

**БЕЙТАНЫС** сын. **1.** *Таныс емес, бөгде, бөтен.* **2.** *Белгісіз, жат.*

**БЕЙТАНЫСТАУ** сын. *Онша таныс емес.*

**БЕЙТАНЫСТЫҚ** зат. *Бейтаныс болушылық, таныс еместі, бөтендік, бөгделік, жаттық.*

**БЕЙТАП** [ир. بي تاب]: **бейтап болды**. жерг. *Сырқаттанды, науқастанды.*

**БЕЙТАПТАН=** ет. жерг. *Сырқаттану, ауыру.*

**БЕЙТАПТАНУ** *Бейтаптан етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙТАРАП** [ир. ар. بي طرف] сын. <лат. neutralis> **1.** *Ешкімге қосылмайтын, қалыс.* **2.** *Енжар, селсоқ.*

**Бейтарап аймақ.** әск. *Халықаралық келісім бойынша соғыс қимылын жүргізуге тыйым салынған екі мемлекеттің шекарасындағы жер аймағы.* **Бейтарап қалды**. *Қалыс болды, тыс қалды.* **Бейтарап қарады**. *Немқұрайды қарады, көңіл бөлмеді.* **Бейтарап сөздер.** лингв. *Белгілі бір сөз табына жатпайтын, тілдің барлық стиліне қолданыла беретін сөздер.*

**БЕЙТАРАПТАН=** ет. **1.** *Бөлектену, жіктелу, оқшаулану.* **2.** *Бейтарап, басқа күйге көшу.*

**БЕЙТАРАПТАНДЫР=** ет. *Бейтарап ету, бейтарап қалдыру, залалсыздандыру.*

**БЕЙТАРАПТАНДЫРУ** *Бейтараптандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** хим. *Залалсыздандыру.* **2.** саяси. *Қандай да болсын бір таптың және қоғамдық топтың басқа таптар мен топтардың шешуші соқтығыларына қатыспауына бағытталған саясат.*

**БЕЙТАРАПТАНУ** *Бейтараптан етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙТАРАПТЫҚ** зат. **1.** *Бейтарап болушылық, ешкімге қосылмаушылық, қалыс болушылық.* **2.** *Енжарлық, селқостық.* **3.** экон. <лат. neutralis> *Қаржы есептерінің сапалық сипаттамасы.* **4.** әск. *Мемлекеттердің әскери блоктармен олардың арасындағы соғыстарға қатыспау саясаты.*

**БЕЙТАРАПТЫЛЫҚ** зат. *Қалыс қалушылық.*

**БЕЙТАУПЫҚ** [ир. ар. بی توفیق] сын. *Шарапатсыз, дінсіз.*

**БЕЙТӘРТІП** [ир. ар. بی ترتیب] сын. **1.** *Әдепсіз, тәртіпсіз, тәлім-тәрбиесіз.* **2.** *Қалай болса солай, ретсіз.*

**БЕЙТУЛЛА** [ар. بیت الله] зат. діни. *Құдай үйі; әдетте Қағба мағынасын береді.*

**БЕЙТҮЛМӘЛ** зат. *Қазына үйі.*

**БЕЙУАДА** [ир. ар. بی وعده] зат. ескікіт. *Уәдесіз, тұрақсыз.*

**БЕЙУАЗ** сын. *Жазықсыз, күнәсыз, айыпсыз.*

**БЕЙУАЙЫМДЫҚ** сын. *Уайымсыздық, қайғысыздық, бейқамдық.*

**БЕЙУАҚ** сын. **1.** *Мезгілсіз, уақытсыз.* **2.** *Кешкі уақыт, апақ-сапақ кез.*

**БЕЙУАҚТАЙ** сын. *Кешкі мезгілдей, апақ-сапақ уақыттай.*

**БЕЙУАҚЫТ** [ир. بی وقت] зат. *Мезгілсіз шақ, бейуақ кез.*

**БЕЙҮКІМЕТТІК** сын. *Үкіметтік емес, үкімет қатыстырмаған.*

**БЕЙХАБАР** [ир. ар. بی خبر] сын. *Хабарсыз, мәліметсіз, хабары жоқ.*

**БЕЙХАБАРЛЫҚ** зат. *Бейхабар болушылық, еш нәрседен хабары жоқтық, хабарсыздық.*

**БЕЙХАД** [ир. ар. بی حد] сын. *Шексіз, сансыз.*

**БЕЙХАЛ** [ир. بی حال] сын. *Халі нашар, күйсіз, халсіз, жайсыз.*

**БЕЙХОШ** [ир. بیهوش] сын. *Бей-жай, көңілінің хошы жоқ.*

**БЕЙХҰДА** сын. *Құдайсыз.*

**БЕЙҺАЯ** сын. *Ұятсыз.*

**БЕЙШАРА** [ир. بی چاره] сын. *Байғұс, мүсәпір, сорлы.*

**Бейшара болды**. *Сорлады, мүсәпір болды.*

**БЕЙШАРАЛАН=** ет. *Мүсәпірлену, нашарлану, сорлау.*

**БЕЙШАРАЛАНДЫР=** ет. *Мүсәпірлендіру.*

**БЕЙШАРАЛАНДЫРУ** *Бейшараландыр етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙШАРАЛАНУ** *Бейшаралан етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙШАРАЛАУ** сын. *Нашарлау, кедейлеу.*

**БЕЙШАРАЛЫҚ** зат. *Бейшара болушылық, сорлылық, мүсәпірлік, нашарлық.*

**БЕЙШЕҢ** сын. жерг. ***Бейпіл.***

**БЕЙШЛОТ** зат. балықшар. *Кеме жолына қажетті, су айдынының тереңдігін сақтау үшін жасалатын ойпат.*

**БЕЙЫЛАЖ** сын. *Ылажсыз, шарасыз; емсіз, дауасыз.*

**БЕЙЫНТЫМАҚ** сын. сөйл. ***Ынтымақсыз.***

**БЕЙІЛ** зат. сөйл. ***Пейіл.***

**Бейіл бермеді [қылмады].** *Жылы шырай танытпады, иман жүз, ықыласты көңіл көрсетпеді.* **Бейіл салды [бейілі ауды].** *Көңілі, ықыласы түсті, ден қойды.* **Бейілі бұзылды**. *Ниеті өзгерді, жаманшылық ойлады.* **Бейілі кең**. *Қолы ашық, жомарт, мырза.* **Бейілі кеңіді [енді].** *Жаны жадырады, көңілденді, тарынбады, көңілі түсті.* **Бейілі қашты [кетті, тарылды].** *Ниеті бұзылды, қолы тарылды, іштарлық етті, сараңдық жасады.* **Бейілі тар.** *Көзі тоймайтын сараң, ниеті бұзылған, жаман ойлы адам.*

**БЕЙІЛДЕН=** ет. сөйл. ***Пейілден.***

**БЕЙІЛДЕНДІР=** ет. сөйл. ***Пейілдендір.***

**БЕЙІЛДЕНДІРУ** *Бейілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙІЛДЕНУ** *Бейілден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙІЛДІ** сын. ***Пейілді.***

**БЕЙІМ**[1] сын. *Ыңғай, еп.*

**БЕЙІМ**[2] сын. **1.** *Ыңғайы бар, икемді, ебі бар.* **2.** *Ұқсас, сай.*

**Бейім тұрды [болды].** *Ыңғайланды, дайын болды, сай тұрды.*

**БЕЙІМДЕ=** ет. *Ыңғайлау, икемдеу, сәйкес теңдіру.*

**Бейімдей оқыту.** пед. *Оқушыны білім мекемесіндегі жағдайға, талапқа, мақсатқа сәйкес икемдеу процесі.*

**БЕЙІМДЕГЕНСУ** *Бейімдегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙІМДЕГЕНСІ=** ет. *Икемдегенсу, ыңғайлағансу.*

**БЕЙІМДЕЛ=** ет. **1.** *Ыңғайлану, икемделу.* **2.** терм. <лат. adaptatio – бейімделу> *Қоршаған орта жағдайына икемделу.*

**БЕЙІМДЕЛГІШ** сын. терм. *Ыңғайға көнгіш, икемделгіш.*

**БЕЙІМДЕЛГІШТІК** зат. терм. *Ыңғайға көнгіштік, қоршаған ортаға үйренгіштік, икемделгіш қасиет.*

**БЕЙІМДЕЛУ** *Бейімдел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Икемделу, үйрену, көндігу.* **2.** биол. <лат. adaptatio> *Ағзаның сыртқы ортаның әртүрлі жағдайына икемделу қабілеттілігі.* **3.** әлеум. *Жеке адамның не әлеуметтік жіктің қоғамдағы жаңа рухани, экономикалық және мәдени құндылықтар мен нормаларға икемделуі.*

**БЕЙІМДЕЛУШІЛІК** зат. терм. *Ыңғайланушылық, икемделушілік.*

**БЕЙІМДЕЛІН=** *Ыңғайлану, икемделіну, сәйкестеліну.*

**БЕЙІМДЕН=** ет. *Ыңғайлану, сәйкестену.*

**БЕЙІМДЕНУ** *Бейімден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙІМДЕС** сын. *Ыңғайлас, сәйкес.*

**БЕЙІМДЕСТІК** зат. *Тілектестік, жақын көрушілік.*

**БЕЙІМДЕТ=** ет. *Икемдету, сәйкестіру, жақындату.*

**БЕЙІМДЕТУ** *Бейімдет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЙІМДЕУ**[1] сын. *Ұқсастау, жуықтау, жақындау.*

**БЕЙІМДЕУ**[2] *Бейімде етістігінің қимыл атауы; икемдеу, ыңғайлау, үйрету.*

**БЕЙІМДЕУШІ** зат. *Икемдеуші, үйретуші.*

**Бейімдеуші білім.** пед. *Өзгеріп отырған талаптарға мамандықтарының сапасы сай болу үшін және жұмыс істеуші адамның мамандық шеберлігін және басқа қабілеттілігін арттыру мақсатында мезгіл-мезгіл өткізілетін оқу процесі.*

**БЕЙІМДЕУІШ** зат. инф. тех. <ағыл. adapter> *Екі немесе одан да көп біріктірілмейтін желі объектілерінің бір-бірімен өзара әрекеттесуіне және ақпаратпен алмасуына мүмкіндік беретін интерфейсті құрылғы.*

**БЕЙІМДІ** сын. **1.** *Ыңғайлы, икемді, оңтайлы.* **2.** *Қабілетті, іскер.*

**БЕЙІМДІК** зат. сөйл. ***Бейімділік.***

**БЕЙІМДІЛЕУ** сын. *Икемдірек, ыңғайлырақ, бейімдірек.*

**БЕЙІМДІЛІК** зат. **1.** *Бейімді болушылық, икемділік, оңтайлылық, ыңғайлылық.* **2.** *Қабілеттілік, іскерлік, ептілік.*

**БЕЙІМДІРЕК** сын. сөйл. ***Бейімірек.***

**БЕЙІМСІЗ** сын. **1.** *Бейімді емес, икемсіз, епсіз.* **2.** *Келіссіз, жөнсіз, ретсіз.*

**БЕЙІМСІЗДІК** зат. *Бейімсіз болушылық, икемсіздік, епсіздік.*

**БЕЙІМІРЕК** сын. сөйл. *Ептірек, икемдірек, ыңғайлырақ.*

**БЕЙІН**[1] зат. сөйл. ***Бейне.***

**БЕЙІН**[2] зат. *Сала, мамандық, кәсіп.*

**БЕЙІНДІ** сын. ***Кәсіби.***

**Бейінді шыны.** хим. *Жарық өткізетін бөлгіштер жасау үшін қажетті қорап пішінді шыны зат.*

**БЕЙІНДІК** сын. *Кәсіби, мамандыққа қатысты.*

**Бейіндік мектеп.** *Кәсіби мектеп.* **Бейіндік оқыту.** *Кәсіби бағытта оқыту.*

**БЕЙІНСІЗ** сын. сөйл. ***Бейнесіз.***

**БЕЙІС** зат. сөйл. ***Пейіш.***

**Бейіске шығарды**. поэт. *Ұжмаққа апарды.* **Бейістің үні**. *Жұмақтың даусы, дыбысы.*

**БЕЙІТ** [ар. بیت] зат. *Өлген адамды жерлейтін қабір, мола.*

**БЕЙІШ** [ир. بهشت] зат. сөйл. ***Пейіш.***

**Бейіш үрі.** *Діни ұғым бойынша жұмақта өмір сүретін хор қызы.*

**БЕК**[1] зат. тар. **1.** *Ерте кездегі Орта Азия халықтарында ел билеуші ұлық, қоғамдық-әлеуметтік, материалдық мәртебесі жоғары тап өкілі.* **2.** *Ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасылық дәрежесін білдіретін әскери шен, атақ.*

**БЕК**[2] зат. бот. *Таулы жерде өсетін айыр жапырақты, тамыры жеуге жарамды өсімдік.*

**БЕК**[3] сын. *Бекем, мықты, берік.*

**БЕК**[4] үст. *Өте, тым, аса, тіпті.*

**Бек жақсы.** *Өте жақсы.* **Бек тұтты.** *Қатты қадірледі, берік құрмет тұтты.*

**БЕКАС** зат. зоол. *Сазды жерде мекендейтін ұзын тұмсықты құс.*

**Бекас балық.** зоол. <лат. zencisus lenmani> *Ұзындығы 14–15 см, қамыс түстес, арқа қанаты ара тиісті балық.*

**БЕКАУЫЛ** зат. әск. *Патшаның қасындағы нөкер, қызметкерлері.*

**БЕКБИКЕ** зат. тар. *Ақсүйек пен бектердің әйелі мәніндегі атау сөз.*

**БЕКЕМ** сын. **1.** *Берік, мықты, мығым.* **2.** *Мықты, қатты.*

**БЕКЕМДЕ=** ет. **1.** *Мықтау, нықтау, мығымдау.* **2.** *Нығайту, күшейту, арақатысты нығайту.*

**БЕКЕМДЕЛ=** *Күшею, нығаю, мығымдалу, нықталу, тәуекел ету.*

**БЕКЕМДЕЛУ** *Бекемдел етістігінің қимыл атауы.*

**БЕКЕМДЕН=** ет. *Мығымдану, беріктену.*

**БЕКЕМДЕНУ** *Бекемден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕКЕМДЕУ**[1] сын. *Мықтылау, қаттырақ, нығырақ.*

**БЕКЕМДЕУ**[2] *Бекемде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арақатынасты жақсарту, күшейту, нығайту.* **2.** *Нықтау, күшіне енгізу.* **3.** *Дәлелдеу, дәйектеу.*

**БЕКЕМДІК** зат. *Бекем болушылық, мықтылық, беріктік, қаттылық, нықтық.*

**БЕКЕР** үст. *Босқа, текке, әншейін. // Жалған, өтірік.*

**Бекер босқа [бекер бос].** *Тектен-текке, жайдан-жайға.*

**БЕКЕРГЕ** үст. *Босқа, текке, әншейін.*

**БЕКЕРДЕЙ** сын. *Бекер секілді, текке, жайдан-жай сияқты.*

**БЕКЕРДЕН-БЕКЕР** үст. *Бостан-босқа, жайдан-жай.*

**БЕКЕРЛІК** зат. *Бекер болушылық, бұрыстық, терістік, бекершілік.*

**БЕКЕРШІЛІК** сын. **1.** *Қателік, теріс-*

*тік, бос әурешілдік.* **2.** *Орынсыздық, оғаштық.* **3.** *Әурешілік.*

**БЕКЕТ** зат. <лат. station> **1.** *Қатынас көліктер, жолаушылар мен жүргіншілер аялдайтын, жол бойына орнатылған орын.* **2.** *Кішігірім теміржол стансысы.* **3.** жерг. *Бөгет, суды тоқтатқан жер.* **4.** инф. *Мәліметтерді өңдеуде үлестірілген жүйесінің кірістік, аралық немесе шығыстық бөлімі.*

**Бекет нөлі**. геогр. *Берілген нүктедегі өзен, көл, теңіз деңгейі биіктігінің өлшенуі басталатын шартты деңгей.*

**БЕКЕТТЕЙ** сын. *Бекет сияқты, бекет тәрізді.*

**БЕКЕТТІ** сын. *Бекеті бар.*

**БЕКЕТТІК** сын. *Бекетке тән.*

**БЕКЕТШІ** зат. *Жол бойындағы жолаушылар мен жүргіншілер аялдайтын орындардың қызметшісі, бекет ұстаушы.*

**БЕКЕУІЛ**[1] зат. *Тірек, себеп.*

**БЕКЕУІЛ**[2] зат. *Мемлекеттің шегара бөлімінің бастығы.*

**БЕКЗАДА** зат. **1.** тар. әлеум. *Орта Азияның кейбір елдерінде және түркі тілдері мен түркі әлеуметтік ұйымдарының ықпалына түскен мұсылман Шығысында арнайы термин мағынасында ірі тайпа, ру басының немесе феодалдық әміршінің баласы.* **2.** ауыс. *Шыққан тегі, жаратылысы артық саналушылар, ақсүйек тұқымы.* **3.** ауыс. *Текті, таңдаулы; ауқатты адам.*

**БЕКЗАДАЛЫҚ** зат. *Ақсүйекке тән, бекзадаға қатысты.*

**БЕКЗАТ** зат. **1.** тар. *Бек әулетінің тұқымы, бекзада.* // *Текті, қасиетті, асыл.* **2.** ауыс. *Текті, тұлғасы биік адам.*

**Бекзат газдар.** хим. *Менделеевтің химиялық элементтер кестесі жүйесінің сегізінші тобына кіретін газдар бірлестігінің жалпылама атауы.*

**БЕКЗАТТЫҚ** зат. **1.** *Ақсүйектік, ауқатты, текті әлеуметтік топқа тән тектілік қасиет.* **2.** психол. *Адам бойындағы туған тегі, алған тәрбиесі мен көрген өнегесі негізінде сіңісті болған қасиет* **3.** ауыс. *Ықыластық, жақсы, таза көңілділік.*

**БЕКЗАТЫМ** зат. *Ардақтым, асылым деген мағынада аялау мәнін білдіретін, жаны жақын адамына айтылатын атауыш сөз.*

**БЕККЕРЕЛЬ** зат. физ. *Радиоактивті заттағы нуклид немесе изотоп белсенділігінің халықаралық жүйесіндегі өлшем бірлігі.*

**БЕКҚАСТЫ** үст. сөйл. *Әбден, тіпті.*

**БЕКЛІК**[1] зат. *(Көне түркі тілінде – қорған, бекініс). Көне жазбаларда сақталған ежелгі қала атауы.*

**БЕКЛІК: беклік нар.** *Бір өркешті түйенің түрі. Нардың ең жақсы, текті тұқымдарына жатады.*

**БЕКОН** [ағыл. bacon] зат. қоғ. тамақ. *Арнайы бордақыланған шошқа етінің жарты ұшасынан алынған өнім.*

**БЕКПАТША** зат. *Айыр бура мен аруанадан туған біртуманың екінші атауы.*

**БЕК-СҰЛТАН** зат. *Ертеректегі қазақ қоғамындағы ақсүйектер, бектер мен сұлтандар сияқты ауқатты, текті әлеуметтік топ өкілдері.*

**БЕКСІН=** ет. экспр. жағымсыз. **1.** *Ақсүйек болғансу, өзін билік өкілі, бек сияқты сезіну.*

**БЕКТЕ=** ет. *Ықтап орнығу, тұрақтау.*

**БЕКТІК**[1] зат. **1.** *Өнегелі, текті адамға тән қасиет, бекзаттық, биік тұлғалық.*

**БЕКТІК**[2] сын. *Бекке тән, бекке қатысы.*

**БЕКУ** *Бекі етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Тоқтамға келу, шешім қабылдау, ұйғару.* **2.** ауыс. *Ресми шешіммен құпталу, мақұлдану.*

**БЕКУЛІ** сын. **1.** *Бекітулі, жабулы, тағулы.* **2.** ауыс. *Байланысты; тәуелді.*

**БЕКШЕ** үст. *Бекке ұқсап, бек тәрізденіп.*

**БЕКШІЛ** сын. *Бектікті жақтайтын, бектерді ұнататын.*

**БЕКШІРЕЙ=** ет. экспр. *Жақтырмай бақырайып қарау.*

**БЕКІ** зат. *Жылқы ауруының бір түрі.*

**БЕКІ=** ет. **1.** *Ашық емес, жабық болу, жабылу.* **2.** *Ұстатылу, орнығу.* **3.** ауыс. *Бір тоқтамға келу, ұйғару.* **4.** *Орналасу, ыңғайлану.* **5.** ауыс. *Бекемделіп нығая түсу, күшею, қатая қуаттану.* **6.** ауыс. *Күш жиып әлдену, қайраттану.* **7.** ауыс. *Сабыр сақтап, өзіне берік болу, көңілін босатпау.* **8.** ауыс. *Шыңдалып, сомдалу, жақсару, жетілу.* **9.** ауыс. *Жоғарғы лауазымды орындардың ресми шешімімен құпталу, мақұлдану.* **10.** ауыс. *Тұрақтау, сіңу, орын табу.* **11.** ауыс. *Бел байлау, мойындау, іштей дайын болу.*

**БЕКІЛ=** ет. **1.** *Бекіну, беріктену.* **2.** *Лауазымды орындардың ресми шешімімен құпталу, тағайындалу.* **3.** ауыс. *Жазылу, байлану, тұрақтау.* **4.** ауыс. *Ұласу, шектелу.*

**БЕКІЛУ** *Бекіл етістігінің қимыл атауы.*

**БЕКІМ**[1] зат. *Құпталған шешім, тоқтам, байлам.*

**Бекімге келді.** *Шешім шығарды, бел буды.* **Бекім жасады.** *Шешті, үкім шығарды; бел байлады.*

**БЕКІМ**[2] сын.сөйл. ***Бекем.*** // *Өзіне сенімді, батыл әрекетке баратын адам.*

**Бекім бол.** *Бекем бол, берік, жауапты бол.*

**БЕКІМДІ** сын. *Бір тоқтамға келген, сенімі зор.*

**БЕКІМДІК** зат. сөйл. *Бекемдік, орнықтылық, сенімділік.*

**БЕКІН=** ет. **1.** *Орналасу, орнығу.* **2.** *Жабысу, жайылу, ену.* **3.** ауыс. *Бір іске бел шешу, тәуекел ету.* **4.** ауыс. *Іштей мойындау, өзіне берік болу, көңілін босатпау.* **5.** ауыс. *Бекітілу, тұйықталу.*

**БЕКІНДІР=** ет. **1.** *Орналастыру, орнықтыру.* **2.** ауыс. *Бір іске бел байлату, тәуекел еткізу.*

**БЕКІНДІРУ** *Бекіндір етістігінің қимыл атауы; іштей мойындату, көңілін босатпау, орнықтыру.*

**БЕКІНУ** *Бекін етістігінің қимыл атауы; орналасу, орнығу.*

**БЕКІНУЛІ** сын. *Үйғарымға келген, шешімге келген.*

**БЕКІНІС** зат. <нем. Fort> **1.** *Шабуылдан қорғану үшін сыртын айналдыра биік дуалмен қоршаған қорған, қамал.* **2.** әск. *Алдын ала дайындалған қорғаныс шебі; қорғану үшін жасалған арнайы әскери құрылыс.* **3.** терм. *Тұрақты әскері, қару-жарағы бар, қажетті азық-түлік т.б. нәрселермен қамтамасыз етілген, әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды, жау қоршауында қалған жағдайда қарсыласуға мүмкіндігі мол әскери тұрақ.*

**Бекініс қамал**. *Қорғандар.*

**БЕКІНІС=** ет. **1.** *Бірігіп бекіну, орналасу, орнығысу.*

**БЕКІНІСТЕУ** сын. *Көзден қалқалау, ықтасындау.*

**БЕКІНІСТІ** сын.әск. *Бекінісі бар.*

**Бекіністі аудан.** әск. а) *Әртүрлі инженерлік бөгеттермен жабдықталған және арнайы әскерлер немесе жалпы әскер бөлімдерінің көмегімен ұзақ уақыт бойы мықтап қорғануға арналған далалық бекіністі құрылыстар жүйесі орналасқан жер.* ә) *Қорғану үшін құрылғы штаттағы әскери құрылым.*

**БЕКІНІСТІК** сын. *Бекініске тән, бекініске қатысты.*

**Бекіністік құрылыстар.** әск. *Қаланы, елді мекенді немесе белгілі бір аумақты қорғауға арналып тұрғызылған әскери-стратегиялық құрылыстар.* **Бекіністік шеп.** әск. *Қамалды қорғаныстар жүйесі.*

**БЕКІНІСУ** *Бекініс етістігінің қимыл атауы.*

**БЕКІП-БЕРКІ=** ет. *Қатаю, сабырлы болу.*

**БЕКІРЕ** зат. **1.** *Еті мен уылдырығы өте бағалы шеміршекті ірі балық.* **2.** зоол. <лат. asipenseridae> *Сүйекті балықтардың шеміршекті-сүйекті балықтар табы тармағына, бекіре тәрізділер отрядына жататын ірі балық.*

**Бекіре тәрізділер.** зоол. <лат. acipenseriformes> *Сүйекті балықтардың шеміршекті-сүйекті балықтар табы тармағына жататын отряды.* **Бекіре тұқымдас.** <лат. acipenseridae> *Бекіре тұқымына жататын балықтың түрлері.*

**БЕКІРЕДЕЙ** сын. *Бекіре сияқты, тәрізді.*

**БЕКІС=** ет. *Тіл табысу, татуласу.*

**БЕКІСУ** *Бекіс етістігінің қимыл атауы.*

**БЕКІТ=** ет. **1.** *Мықтап, қатты етіп ұстату, тарту.* **2.** *Бітеу, бөгеп тастау.* **3.** *Жабу, қымтап тастау.* **4.** *Мықтап байлап тастау, жауып қою.* **5.** ауыс. *Міндеттеу, жүктеу, жауапкершілігіне тапсыру.* **6.** ауыс. *Тағайындау, билікке отырғызу, ресми түрде мақұлдау.* **7.** ауыс. *Ұстану, дағдыға айналдыру, тұрақтандыру.* **8.** ауыс. *Нығайту, күшейту, қуаттандыру.*

**БЕКІТЕР** зат. жерг.*Терезенің жақтауы.*

**БЕКІТКІШ**[1] зат. хим. <франц. fixage> *Фотопленкаға түсірілген кескінді тұрақтандыруға арналған химиялық ерітінді.*

**БЕКІТКІШ**[2] зат. инф. <ағыл. clamper> *Мәні операндтың адресі болатын атау.*

**БЕКІТПЕ**[1] зат. **1.** құр. *Ғимараттардың аражабындары мен жабындарының көпқабатты құрылымдарындағы жұқа және біршама берік қабат.* **2.** кен. *Кеніштегі, шахтадағы кен-қазбаларының төбесі мен қабырғалары опырылып құлап түспеу үшін, сондай-ақ, тау қысымын реттеу мақсатында қазба ішінде тұрғызылатын немесе тұтас орнатылған тау-кен техникасы құрылысы.*

**БЕКІТПЕ**[2] зат. әск. *Артиллериялық зеңбіректің ұңғы арнасын бекітуге және атуға арналған механизм.*

**БЕКІТТІР=** ет. *Тіркету, тағайындату.*

**БЕКІТУ**[1] *Бекіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстату.* **2.** *Қатайту, беріктендіру.* **3.** *Ресми түрде тіркеу, тағайындау.*

**БЕКІТУ**[2]**=** зат. заң. <лат. ratus – бекітілген, facere – істеу> *Елдің жоғары мемлекеттік өкімет органының уәкілетті төрағасы жасасқан халықаралық шартты осы органның ресми растауы, тіркеуі.*

**Бекіту фамотасы.** заң. *Халықаралық шарттың мемлекеттің өкілетті органының бекітуін растайтын құжат.*

**БЕКІТУЛІ** сын. *Ашық емес, жабық, кілттеулі.*

**БЕКІТУСІЗ** сын. *Ашық-шашық, бекітілмеген.*

**БЕКІТУШІ: бекітуші корсет.** мед. *Омыртқа туберкулезінде, құяңда, спондилолистез (омыртқаның жая сүйектен жамбасқа қарай таюы) ауруының қатты асқынған кезінде, омыртқа сынғанда не орнынан тайғанда, омыртқа жотасына хирургиялық операция жасағаннан кейін оны қозғалдырмау үшін қолданылатын құрал.*

**БЕКІТІЛ=** ет. **1.** *Ұстатылу, қатайтылу.* **2.** *Жабылу, бекітпе салыну.* **3.** *Орнатылу, байлану.* **4.** *Тіркелу, міндеттелу.*

**БЕКІТІЛУ** *Бекітіл етістігінің қимыл атауы; бөгет орнатылу, бітелу.*

**БЕКІТІМ** зат. *Тоқтам, байлам, шешім.*

**БЕКІТІС=** ет. **1.** *Бірігіп ұстатысу, байласу.*

**БЕКІТІСУ** *Бекітіс етістігінің қимыл атауы; байласу.*

**БЕЛ**[1] зат. **1.** анат. <лат. lumbus> *Адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсы.* **2.** *Жылқы малының ер салатын арқа тұсы.* **3.** геогр. *Жонда, қырда, жалда, адырда болатын жадағай кең асу.* **4.** ауыс. *Арқа тұтар таяныш, тірек, сүйеніш. // Белді, жетекші, ең басты, негізгі.*

**Бел алды.** а) *Күшейді, бой алды, дағдыға айналды.* ә) *Қуат алды, қолдау көрді.* б) *Куаттанды, күшейе түсті, нығайды, күш алды.* **Бел алдырды.** *Болдырды, қарсы тұра алмады, сыр берді.* **Бел артынан.** *Қыр астынан, дөңнен.* **Бел аспады.** *Ұзаққа бармады, мал болмады.* **Бел [белден] асты.** а) *Қырдан әрі өтті.* ә) *Белгілі бір кезеңнен өтті, кезекті дәуірден өтті, ілгері ұмтылды.* б) *Бір міндетті орындады.* **Бел атасы.** а) *Арғы, түп атасы.* ә) *Түп төркіні, нағыз көзі.* **Бел ауру.** *Адамның кеудесінен төмен, мықынынан жоғары дене бөлігінің суық тиюден, ауыр жүк көтеруден және т. б. болатын сырқаты.* **Бел байлады.** *Бір істі орындауға шындап кірісті, ойын жүзеге асыруға батыл бекіді.* **Бел байласты.** *Бір істі батыл жүзеге асыруға келісті, шешім жасасты.* **Бел байлау қылды.** *Арқау етті, жүрек жалғады.* **Бел бала.** а) *Өзінен туған бала.* ә) *Жұрт қамын жеген халықтың баласы, азаматы.* **Бел бермеді [берген жоқ].** а) *Күш бермеді, жеңгізбеді.* ә) *Сыр алдырмады, сыр білдірмеді.* **Бел бермес биік.** бейн. *Асусыз асқар сияқты биік, тұлғасы алып деген мағынада.* **Бел болды.** а) *Сүйеу болды, тірек болды.* ә) *Медеу тұтатын, мақтаныш ететін нәрсе болды.* б) *Арқа тұтар тұлға, таяныш болды, көсем болды.* **Бел босатты.** а) *Дем алдыртты, тынықтырды, тыныстатты.* ә) *Жайғасты, жайланды, жайбарақаттанды.* б) *Беларқасын жүктен ажыратты, бос қойды (мал туралы).* **Бел буды.** а) *Ниет етті, ойға алды, оқталды.* ә) *Серт берді, шешім жасады.* б) *Нық шешімге, тоқтамға келді.* **Бел бүгілді.** *Жасы келді, қартайды, қаусады.* **Бел бүкпеді.** *Тыным алмады.* **Белге медет.** *Арқа тірек, үлкен сүйемел.* **Белге [белден] соққан жыландай.** *Әлсіреп, киреленңдеп, орнынан қозғала алмай.* **Белге соққан жыландай тұрып қалды.** а) *Орнынан қозғалмай қалды, киреленңдеп қалды.* ә) *Қайғыға ұшырады, дертті болды.* **Белге таяқ ұстады.** *Ержетті, қару ұстауға жарады.* **Белге шықты.** *Орта жасқа келді, ақыл тоқтатты.* **Белге ілді.** *Кеудеден төмен тұсына байлады, қыстырды.* **Белден басты.** *Баса-көктеді, күшке салды.* **Белден батты.** *Қарық боп қалды, кенелді.* **Белден кешті.** *Ортасында жүрді.* **Белден қылыш кетірмеді.** *Күндіз-түні соғысуға дайын жүрді.* **Белдерін бекем буысты.** *Тәуекел етісті.* **Белді бекем буды [байлады].** *Тәуекелге бел байлады, нар тәуекел етті.* **Белді [бекем] буғызды.** а) *Белді жинақы етіп қысып байлатты, таңғызды.* ә) *Тәуекелге барғызды.* **Белді буды.** *Бекем болды, мықты болды.* **Белдің асты.** *Жота, қыр, жонның жалпақ, кең асуының төменгі жағы.* **Белдің сырқырамасы.** мед. *Белдің сыздап, созылып ауыратын ауруы.* **Бел жазды.** а) *Тынықты, әлденді.* ә) *Қайраттанды, қайта жасарды, бір жасап қалды.* **Бел жіп.** а) кәс. *Шыңырау құдықтан қауғамен су шығарғанда негізгі салмақ, күш түсетін түйеге байлайтын жіп.* ә) жерг. *Ершік арқылы арбаның екі тертесіне байланатын жіп, тартпа.* **Бел кетті.** а) *Күш, қуат тайды, қартайды.* ә) *Еркектік қабілетін жоғалтты.* **Бел көрді.** *Арқа сүйер, тұлға санады, тірек тұтты, медеу көрді.* ә) *Дұрыс санап, тәуекел деп кірісті.* **Бел көрсетті.** *Күш жұмсады, қолданды.* **Бел [қол] күрек.** *Сабы қысқа, кішкене күрек.* **Бел күшке кірісу.** *Киіп-жарып дегенін істету, кеудеге салу.* **Бел қайысты.** а) *Ауыр тиді, қиналды.* ә) *Жаны ашыды, аяды.* **Бел құда.** этн. а) *Тумай жатып ұл-қызын атастырған құдалар.* ә) *Байырғы қазақ дәстүрінде тумай жатып ұл-қызын атастыру салты.* **Бел құда болысты.** *Тумай жатып ұл-қызын атастырды, батласты.* **Бел қызығын көрді.** *Бұл жерде айғырдың биеге шабуы туралы айтылып тұр.* **Бел қылды.** *Тірек етті, арқа тұтты.* **Бел немере.** *Өзінің туған баласының баласы.* **Бел омыртқа.** а) анат. <лат. vertebrae himbalis> *Адамның омыртқа жотасындағы кеуде омыртқа мен сегізкөз аралығындағы омыртқа сүйегі.* ә) *Малдың омыртқа жотасындағы, бел тұсындағы омыртқалары.* б) ***Белдеме.*** **Бел омыртқасы үзілді.** *Күл-талқаны шықты, қирады.* **Бел орта.** *Қақ орта, дәл орта; жуан орта, мол іші.* **Бел ортасында [ортасы].** а) *Кісі жасының белгілі шамасының, белгілі бір мүшел жастың орта тұсы.* ә) *Нағыз қайнаған шақта, қызған жерінде.* б) *Қақ ортасында, тура орта шенінде.* **Бел суытты.** *Отырып демалды, демін басты.* **Бел тартқызды.** этн. *Босануы қиын әйелге бел тарту әдісін қолданды.* **Бел тарту.** этн. *Байырғы кезде қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне толғақ үстіндегі әйелдің белінен қаусыра құшақтап, төмен қарай сылай тартқызатын баланың туылын жеңілдетіп, тездететін халық медицинасындағы тәсіл.* **Бел тартушы.** этн. *Әйелдің босануын тездетіп жеңілдету үшін бел тарту әдісін қолданушы (халық акушері).* **Бел ұстасты.** а) *Күреспек болды, белдесті.* ә) *Айтысты, тартысты.* **Бел шешті.** а) *Жайбарақаттанды, жайланды, дем алды.* ә) *Тәуекел етті, бір тоқтамға келді.* б) *Мықтап қолға алды, шындап бар ынтасымен кірісті.* в) *Ашылды, ақтарылды, сеніп іштегісін жасырмады.* **Бел шешпеді.** а) *Мұршасы болмады, қауырт қимыл үстінде болды, дамыл таппады, тыныштық көрмеді.* ә) *Дамыл таппады, тыныштық көрмеді.* **Бел шешіп кірісті.** *Іске жанын сала араласты.* **Бел шойырылмасы.** мед. ***Құяң.*** **Бел шыдатпады.** *Белі удай ашып ауырды.* **Белі ауырмайды.** *Жаны ашымайды, аямайды.* **Белі бүгілген.** *Майысқан, иілген, бұралған қыздың қыпша белі туралы айтылған сөзқолданыс.* **Белі бүгілді.** а) *Қартайды, қаусады, кәрілікке жетті.* ә) *Қайғырды, қамықты.* **Белі бүкірейді.** *Белі шор болып істі, бүктетілді.* **Белі имейген.** *Белі майысып, бүгілген, қартайып, қажыған.* **Белі кеткендік.** *Жылқы малында болатын бел ауруының бір түрі.* **Белі қиылды.** *Белі жіңішкерді, қылдырықтай болды.* **Белін баса сөйледі.** *Бұзып-жарып, төпеді.* **Белін буды [қынай буынды, қынады].** *Киімнің кеудеден төмен, мықыннан жоғары тұсын белбеумен немесе басқа да нәрсемен тартты, белін қапсырды.* **Белін [бекем] буынды.** *Бел байлады, теуекелге басты.* **Белін бүгілдірді.** *Азап шектірді, күш-қайратынан айырды, қажытты.* **Белін бүгілтті.** *Жылқы малын мініске жаратты, баптап үйретті.* **Беліне жарақ байлады.** *Қаруланды, қаруын түгел сайланды, соғысқа, жорыққа қамданды.* **Белінен жатты.** *Белі ауырып қалды, белі шойырылып қалды.* **Белінен сызды.** *Жойды, өшірді, артта қалдырып ұмытты.* **Белін жаза алар емес.** *Қалпына келер емес, жөнделер емес.* **Белін көтерді.** *Қайғыруын қойды, сергіді.* **Белін сындырды.** а) *Күш ең көп түсетін, сенген қуат, дәрменінен айырды.* ә) *Беделін түсірді, абыройын төкті.* **Белінің күші, бетінің қызылы бар.** *Бойда қуат, бетте әр бар; беделді.* **Белі сынды.** *Тауы шағылды, сағы сынды.*

**БЕЛ**[2] зат. мат. *Логарифмдік салыстырмалы шаманың (аттас екі физикалық шама мәндерінің ондық логарифмдерінің қатынасы) бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшем бірлігі.*

**БЕЛ** зат. жерг. *Жер қазатын ұшы ұшкір күрек.*

**БЕЛАҒАШ** зат. **1.** *Арбаның алғы-артқы доңғалағының арасын қосып тұратын жуантық білік.* **2.** жерг. *Үй үстіне салынатын мәтке, арқалық.* **3.** сөйл. *Ұзын, білеу ағаш.* **4.** *Ер-тұрманның бір бөлшегі, ердің екі басының арасына салынатын ағаш.*

**БЕЛАРҚАН** зат. этн. ***Белбау.***

**БЕЛАРЫҚ** зат. жерг. *Үлкен арық.*

**БЕЛАСАР** зат. *Қырдың, жалдың жадағайлау кең асуынан өтетін жер.*

**БЕЛБАЙЛЫ** зат. жерг. *Ұн мен сөкті қосып суға пісіретін тамақ.*

**БЕЛБАҚАН** зат. этн. *Бақанды тіреп қоятын киіз үй уықтарына көлденең бекітілген ағаш.*

**БЕЛБАСЫ** зат. этн. діни. *Аруаққа берілетін ас, құдайы тамақ.*

**БЕЛБАУ** зат. этн. **1.** *Киіз үйдің бау-шуының бірі, туырлығын керегеге бастыра тартатын ұзын арқан.* **2.** сөйл. ***Белбеу.***

**БЕЛБАУДАЙ** сын. *Белбау сияқты, белбау тәрізді.*

**БЕЛ-БЕДЕЛ** зат. *Абырой, сый-құрмет.*

**БЕЛ-БЕДЕРЛІ** сын. *Адырлы, қыратты, кең, жалпақ асулы.*

**БЕЛ-БЕЛЕҢ** зат. *Кең, жалпақ асулы қырқа, жондар мен аласа қырлар.*

**БЕЛ-БЕЛЕС** зат. **1.** *Қырқа-қырқа болған кең асулы адырлар, жондар.* **2.** ауыс. *Өмірдің өткелдері, қат-қабат кезең, маңызды шақтар.*

**БЕЛБЕУ** зат. **1.** этн. *Киім сыртынан буыну үшін ыңғайлап жасалған ұзынша шүберек, ілмегі бар таспа тәрізді бұйым.* **2.** *Былғарыдан, қайыстан жасалған белдік.*

**Белбеу басы.** *Белбеудің басына бекітілетін қапсырма, ілгек, таға сияқты бөлшегі.* **Белбеуін бекім буынды.** сөйл. ***Белін бекем буды.*** **Белбеуі шешіледі.** *Бұл жерде егілді, ынтыға елжіреді деген мағынада.*

**БЕЛ-БЕТКЕЙ** зат. *Белдер мен беткейлер.*

**БЕЛБЕУДЕЙ** сын. *Белбеу сияқты; белбеу тәрізді.*

**Белбеудей буды.** бейн. *Айналдыра салған таспадай созылды.*

**БЕЛБЕУЛЕ=** ет. **1.** *Белін белбеумен буу, орау, байлау.* **2.** ауыс. *Созылып өту, асу.*

**БЕЛБЕУЛЕН=** ет. **1.** *Белін буыну, бел тұсынан буылу, байлану.* **2.** ауыс. *Жол болып тартылу, созылу.* **3.** ауыс. *Айналдыра оралу, әсем байлану.*

**БЕЛБЕУЛЕНУ** *Белбеулен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛБЕУЛЕТ=** ет. **1.** *Беліне белбеу байлату.* **2.** ауыс. *Босанатын әйелдің белін тартқызу.* **3.** бейн. *Асулардан өткізу, жол тарттыру.*

**БЕЛБЕУЛЕТУ** *Белбеулет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛБЕУЛЕУ** *Белбеуле етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛБЕУЛІ** сын. **1.** *Белбеуі бар, белбеу тағынған.* **2.** *Белбеуі, бауы бар, баулы.* **3.** ауыс. *Белінде көлденең жолағы бар.*

**БЕЛБЕУЛІК** сын. *Белбеу боларлық, белбеу шығарлық. // Белбеу тағатын тұсы, бел тұсы.*

**БЕЛБЕУСОҚ** зат. ойын. *Тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.*

**БЕЛБЕУСОҚТЫ** зат. сөйл. ***Белбеусоқ.***

**БЕЛБЕУСІЗ** сын. *Белбеуі жоқ.*

**БЕЛБЕУТАСТАМАҚ** зат. сөйл. ***Белбеу тастау.***

**БЕЛБЕУТАСТАУ** зат. ойын. *Бозбала жастардың белбеуді жасырып ойнайтын ойыны.*

**БЕЛБЕУШЕ** үст. *Белбеу тәрізденіп, белбеуге ұқсап.*

**БЕЛБУАР** зат. сөйл. ***Белуар.*** (*адамның бел тұсы*). **2.** ауыс. *Бір нәрсенің, заттың бел ортасы, орта тұсы.*

**БЕЛБУАРЛА=** ет. сөйл. ***Белуарла.***

**БЕЛБҮРМЕ** зат. қолөнер. *Киімнің беліндегі бүрме тігіс.*

**БЕЛГИ** [лат. belgae] зат. *Солтүстік Галлияны-Сена мен Рейн өзендерінің аралығын, ішінара Британ аралының батыс жағалауын мекендеген тайпа.*

**БЕЛГІ** зат. **1.** *Жеке-дара өзгешелік, ерекшелік.* **2.** *Есте қаларлық бұйым, көз.* **3.** *Қандай да бір әлеуметтік топқа қатынастылығын білдіретін шартты таңба, ен.* **4.** *Біреудің құрметіне немесе тарихи мәні бар оқиғаға арнап орнатылған ескерткіш.* **5.** *Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы.* **6.** көлік. *Жол қауіпсіздігін сақтау үшін қойылатын ескерту, сақтандыру шартты таңбалары.* **7.** мат. *Белгілі бір шаманы, мәнді белгілеу үшін қойылған шартты таңба.* **8.** инф. <лат. search word> *Мәліметтерді іздестіру кезінде берілетін мән.* **9.** филос. *Ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және беру үшін қолданылатын, сезіммен қабылданатын, басқа бір зат, құбылыс, қатынастың өкілі түрінде көрінетін нәрсе.* **10.** ауыс. *Қандай да бір ақпаратты, хабарды жеткізу үшін жасалған қимыл, ишарат.* **11.** сөйл. ***Төсбелгі.*** **12.** ауыс. *Бір нәрсенің дәлелі, кепілі ретіндегі зат.*

**Белгі берді [етті]**. *Аңғартты, білдірді, сездірді, ымдады.* **Белгі бермеді**. *Ыңғай көрсетпеді, сыр бермеді.* **Белгі беру құралдары.** тех. *Қарапайым көзбен көретін, дыбысталатын және радио-техникалық байланыс құралдары.* **Белгі қағаз.** сөйл. ***Куәлік.*** **Белгі қойды.** *Таңба салды, белгіледі.* **Белгі орнатты.** *Ескерткіш қойды.* **Белгі салды.** а) *Шартты таңба қойды.* ә) *Дақ, таңба түсірді.* **Белгі соқты.** *Таңба салды, қойды.* **Белгі соқтырды.** *Мөр бастырды, таңба салғызды.* **Белгі тастады**. *Емеурін білдірді, сездірді.*

**БЕЛГІДЕЙ** сын. *Белгі сияқты, белгі тәрізді.*

**БЕЛГІЛЕ=** ет. **1.** *Таңба салу, белгі қою.* **2.** инф. <ағыл. designation» *Электр есептеуіш мәшинелер мен компьютердегі мәліметтер, бағдарламалар, құрылғыларды атау, таңбалау.* **3.** *Тағайындау, лайық деп табу.* **4.** ауыс. *Алдын ала айқындау, ұйғару, әзірлеу, жоспарлау.*

**БЕЛГІЛЕМЕ** зат. *Белгілі бір іс-әрекетке, арнайы жасалған шарт, қағида, ереже.*

**БЕЛГІЛЕН=** ет. **1.** *Таңбалану, көрсетілу.* **2.** ауыс. *Жоспарлану, келісілу.* **3.** ауыс. *Тағайындалу, ұйғарылу.*

**БЕЛГІЛЕНУ** *Белгілен етістігінің қимыл атауы.* **1.** ауыс. *Жоспарлану, келісілу.* **2.** ауыс. *Тағайындалу, ұйғарылу.*

**БЕЛГІЛЕУ[1]** зат. **1.** инф. <лат. designations> *Электронды есептеуіш мәшинелеріндегі бағдарламалар, алгоритмдік операциялар мен мәлімет, құрылғы атауы.* **2.** әск. *Жергілікті жердегі нысанның, бағдардың, репердің, снаряд жарылуының орнын анықтау тәсілі.*

**Белгілеу сызығы.** инф. <ағыл. rule line> *Компьютердің дисплей экранындағы терезелерде көлденең немесе тік бағытта орналасып, көрініп тұратын басқару сызықтары.*

**БЕЛГІЛЕУ[2]** *Белгіле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таңбалау, белгі қою.* **2.** *Көрсету, айқындау.* **3.** ауыс. *Жоспарлау, нақтылау.*

**БЕЛГІЛЕУЛІ** сын. *Белгі қойылған, таңбаланулы, жазулы.*

**БЕЛГІЛІ** сын. **1.** *Аты әйгілі, атақты, танымал, көрнекті (қайраткер).* **2.** *Ел ішінде беделді, атақ-даңқы асқан (адам).* **3.** экспр. жағымсыз. *Аты шулы, ел ішінде аты шыққан.* **4.** *Мәлім, аян, анық.* **5.** *Нақты, айқын, жүйелі.* // *Әрине, түсінікті, әлбетте.*

**Белгілі бекбике.** *Аты шулы, әйгілі.* **Белгілі болды.** *Анықталды, айқындалды.* **Белгілі бір.** а) *Жобалы шама.* ә) *Қандай да бір, қайбір.* **Бесенеден белгілі.** а) *Ежелден анық, бұрыннан мәлім.* ә) *Өзінен-өзі түсінікті, көзге айқын.*

**БЕЛГІЛІЛІК** зат. *Белгілі болушылық, айқындық.*

**БЕЛГІЛІЛІК-БЕЛГІСІЗДІК: белгілік-белгісіздік категориясы.** лингв. *Заттар мен құбылыстардың айқындық-айқын еместік, нақты-нақты еместік сипаттарын білдіретін семантикалық категория.*

**БЕЛГІЛІКТІ** сын. сөйл. ***Белгілі.***

**БЕЛГІЛІРЕК** сын. *Танымалдау, атақтылау.*

**БЕЛГІСІЗ** сын. **1.** *Қанша екені беймәлім.* **2.** *Ұмытылған күйде, беймәлім, ескерусіз.* **3.** *Мәлімсіз, анық емес, неғайбыл, түсініксіз.* **4.** *Себепсіз.*

**Белгісіз алгебралық теңдеулер.** мат. *Математикалық теңдеу түрі.* **Белгісіз шамалар.** мат. *Мәні анықталмаған математикалық бірлік.*

**БЕЛГІСІЗДЕУ** сын. *Онша белгілі емес, анық-қанығы шүбәлілеу, екіұштылау.*

**БЕЛГІСІЗДІК** зат. *Белгісіз болушылық, беймәлімділік, екіұштылық.*

**БЕЛГІТАҚТА** зат. *Белгілі бір нәрседен, оқиғадан ескерткіш, белгі ретінде жасалған тақта.*

**БЕЛГІТАС** зат. а) *Бір оқиғаға, тарихи құбылысқа арнап орнатылған ескерткіш тас.* ә) *Адам қайтыс болғанда бейіт басына қойылатын тас.*

**БЕЛГІШЕ** зат. а) *Еңбегі үшін берілетін немесе белгілі бір ұйымға қатыстылығын көрсететін белгілі бір кескіні бар, омырауға тағатын зат.* ә) *Кішкентай белгі.*

**БЕЛДЕ** зат. жерг. *Асық ойынында асықты ататын сызық.*

**БЕЛДЕГЕР** зат. жерг. *Бастық, басқарушы.*

**БЕЛДЕЙ** сын. *Бел сияқты, бел тәрізді.*

**БЕЛДЕМ** зат. сөйл. **1.** ***Белдеме.*** **2.** геол. *Көл, су, тоғандар бассейнінің көлбеу бағыттағы ортасы, ернеуі.*

**БЕЛДЕМДІ: белдемді су.** геол. *Шоғырлану шарттары, қоректену сапасы және болмыс-бітімі көлбеу немесе көлденең бағытта нақтылы заңдылыққа сәйкес өзгеретін жерасты суы.*

**БЕЛДЕМЕ[1]** зат. **1.** *Бел тұсы, белуар.* **2.** *Үйді, бау-бақшаны айналдыра қоршаған қоршау.*

**БЕЛДЕМЕ[2]** зат. қолөнер. *Селдір тоқымаға тігілген кесте, әшекейлі өрнек.*

**БЕЛДЕМЕ[3]** зат. **1.** *Малдың етін мүшелегендегі сабақсыз жеті омыртқадан кейінгі бес омыртқа, бел омыртқа.* **2.** *Қой ұшасының белдемесінен дайындалатын тағам.*

**БЕЛДЕМПАЗ** зат. *Асық ойынында қақпа етіп, бел салатын тұс, әрі жерге көмбе.*

**БЕЛДЕМПАЯ** зат. **1.** *Асық ойынындағы лақтырылған сүйек түскен жер мен көмбенің дәл ортасына қойылатын белгі.* **2.** *Қыр, белес.*

**БЕЛДЕМШЕ[1]** зат. **1.** <франц. jupe> *Той-думанда көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі.* **2.** *Тазалық үшін алға ұстайтын алжапқыш.*

**Белдемшесін байланды.** көне. *Тәуекелге бел байлады, нар тәуекел етті.*

**БЕЛДЕМШЕ[2]** зат. *Ортан бел, белуар.*

**БЕЛДЕМШЕЛЕ=** ет. *Еңкейіп бір қырындау.*

**БЕЛДЕМШЕЛІ** сын. *Белдемшесі бар, белдемше тапқан.*

**БЕЛДЕН=** ет. **1.** *Беліне асыну, байлап алу.* **2.** *Дөңкиіп дөңестену.* **3.** ауыс. *Күш алу, қайраттана түсу.*

**БЕЛДЕНУ** *Белден етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛДЕС=** ет. **1.** *Бел ұстасып күресу.* **2.** ауыс. *Соғысқа шығу, ұрысқа бет қою, айқасу, алысу.* **3.** ауыс. *Қақтығысу, тіресу.*

**Белдесіп күресу.** спорт. *Қоян-қолтық белден ұстасып күресетін күрес әдістерінің бір түрі.*

**БЕЛДЕСТІР=** ет. **1.** *Белінен ұстастыру, күрестіру.* **2.** ауыс. *Қарсы тұрғызу, арпалыстыру.*

**БЕЛДЕСТІРУ** *Белдестір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛДЕСУ** *Белдес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бел ұстасу, күресу.* **2.** *Айқасу, алысу, қарсы тұру.* // *Күрес.*

**БЕЛДЕУ** зат. **1.** этн. *Киіз үй туырлығын керегеге тығыз жатуы үшін сыртынан айналдыра буатын қыл арқан.* **2.** ауыс. *Таудың орта шені, бел тұсы.* **3.** *Бір нәрсенің бел тұсына айнала түскен жолақ.* **4.** геогр. *Белгілі бір параллельдер аралығындағы жер бөлігі.*

**Белдеу арқан**. *Арқанның бір түрі.*

**БЕЛДЕУ-БЕЛДЕУ** сын. *Ұзыннан-ұзақ дөңкиген, жал-жал, қатпар-қатпар, белес-белес.*

**БЕЛДЕУДЕЙ** сын. *Белдеу сияқты, белдеу тәрізді.*

**БЕЛДЕУҚҰРТ** зат. *Жазда шелдене тойынбай тоқжарау күйде қалған жылқыға тән ауру.*

**БЕЛДЕУЛЕ=** ет. **1.** *Туырлық үстінен арқанмен бастыра байлау, киіз үйді айналдыра тану.* **2.** *Шыр айналдыра белуарына дейін үңгу, кеулеу.* **3.** *Белдеуге дейін көтерілу.* **4.** ауыс. *Таң сыз беріп, сібірлей бастау.*

**БЕЛДЕУЛЕН=** ет. **1.** *Бір нәрсенің орта бел тұсына белгі түсуі, жолақтану, сызықтану.* **2.** *Айналаның, төңіректің қоршалуы.* **3.** ауыс. *Таң сыз беріп, сібірлей бастауы.*

**БЕЛДЕУЛЕНУ** *Белдеулен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛДЕУЛЕТ=** ет. *Орта тұсынан алу.*

**БЕЛДЕУЛЕТУ** *Белдеулет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛДЕУЛІ** сын. **1.** *Белдеуі бар.* **2.** *Беліне жолақ салынған.* **3.** ауыс. *Белді, маңызды.*

**БЕЛДЕУЛІК** зат. *Заттың орта тұсы.*

**Белдеулік уақыт**. *Уақытты есептеудің халықаралық жүйесі.*

**БЕЛДЕУСІЗ** сын. *Белдеуі жоқ, белгі сызығы жоқ.*

**БЕЛДЕУШЕ** зат. *Айнала түскен шағындау жолақ.*

**БЕЛДІ** сын. **1.** *Күшті, әлді, мықты (ат).* **2.** ауыс. *Әулетті, ауқатты.* **3.** ауыс. *Атақты, әйгілі.* **4.** *Бетке ұстар, беделді.* **5.** ауыс. *Басты, үлкен.*

**Белді ата**. *Текті, ел-жұртқа белгілі әулет.* **Белді би.** *Басты би.*

**БЕЛДІК[1]** зат. **1.** *Қайыстан, былғарыдан жасалған белбеу.* **2.** *Тартпа, төсайыл.* **3.** *Арбаның екі доңғалақ арасын қосып тұратын бел ағаш.*

**БЕЛДІК[2]** зат. **1.** геогр. *Биік жер деңгейі, белдеу.* **2.** *Бел ортасы, белі.*

**Белдік тіреуіш**. этн. *Киіз үйдің уығын тірейтін аша ағаш.*

**БЕЛДІКГҮЛДІЛЕР: белдікгүлділер тұқымдасы.** өс. <лат. loranthaceae> *Қосүйлі көпжылдық өсімдік.*

**БЕЛДІКСІЗ** сын. *Белдігі жоқ.*

**БЕЛДІКТЕ=** ет. **1.** *Белдігін салу, белдікпен байлау, бекіту.* **2.** *Заттың ортан белінен мықтап буу, құрсау.*

**БЕЛДІКТІ** сын. *Белдігі бар, белдік салынған.*

**Белдікті беріліс.** тех. *Біліктерге бекітілген шкивтер мен жетек белдік арқылы айналмалы қозғалысты келесі жүйеге беру үшін қолданылатын құрылғы.*

**БЕЛДІКШЕ**[1] зат. *Кішкентай белдік.*

**БЕЛДІКШЕ**[2] үст. *Белдік сияқты, белдікке ұқсас.*

**БЕЛДІҚҰРТ** зат. зоол. <лат. ligula> *Жалпақ құрттар типінің таспа құрттар отрядының туысы.*

**БЕЛДІЛІК** зат. *Азулылық, мықтылық, күштілік.*

**БЕЛДІРЕК** сын. **1.** *Белсендірек, қызу.*

**БЕЛЕГІР** зат. *Бел, белестеу жер.*

**БЕЛЕМНИТ** [грек. belemnon] зат. зоол. *Тас көмір кезеңінен бастап палеогенге дейін теңізде тіршілік еткен, бесаяқты моллюскілер класына жататын, өліп біткен омыртқасыз жануарлар отряды.*

**БЕЛЕҢ** зат. **1.** *Бір-бірімен жалғас көлбей созыла жатқан биіктеу дөңес жер.* **2.** ауыс. *Белгілі бір кезең, межелі асу.*

**Белең алды.** а) *Дендеді, өрши түсті.* ә) *Секем алды, шошынды.* **Белең берді**. *Белгі берді, нышан байқатты.* **Белеңнен өтті.** *Өмірінің бір кезеңін немесе қиындығын басынан кешірді.*

**БЕЛЕС** зат. **1.** *Ұзынша, дөңестеу боп жатқан белең, бел, жон, жота.* **2.** ауыс. *Өсу, дамумен байланысты кезең.*

**БЕЛЕС-БЕЛ** зат. *Адырлы асу.*

**БЕЛЕС-БЕЛЕС** сын. **1.** *Жон-жон, жота-жота.* **2.** *Қырқалы, асулы.*

**БЕЛЕСКЕК** зат. *Бірнеше ескекті қайықтың негізгі күш түсетін, ортан беліндегі ескек.*

**БЕЛЕСТЕЙ** сын. *Белес сияқты, белес тәрізді.*

**БЕЛЕСТЕН=** ет. *Жон-жон, жота-жота боп жату.*

**БЕЛЕСТІ** сын. **1.** *Белесі көп, қырқалы.* **2.** ауыс. *Асу, кезеңі көп.*

**БЕЛЕТЕН** зат. жерг. *Талдан тоқылған қора.*

**БЕЛЖЕМДІ** сын. *Толық, жуан.*

**БЕЛЖЕМДІРЕК** сын. *Жуандау, толықтау.*

**БЕЛКЕТПЕН** зат. *Арық қазу, жер шабу, топырақ қопсыту үшін қолданылатын, басы имек, сабы ұзындау құрал.*

**БЕЛКӨТЕРГІШ** зат. жерг. *Арбаға ат жеккенде жетекті (тертені) көтеріп тұратын қайыс, бел жіп, тартпа.*

**БЕЛКӨТЕРЕР** зат. этн. *Аурудан жаңа тұрған адамдарға сол сияқты «Наурыз», «Айт» күндері үлкендерге әдейі тартылатын жұмсақ, әрі дәмді, әрі мол қазы, сарымай, жент, қымыз, ақ ірімшік, бал, тағы сол сияқты тамақтардан әзірленетін тағам.*

**БЕЛКӨТЕРМЕ** зат. сөйл. ***Белкөтергіш.***

**Белкөтерме болды.** *Жеңілдік, медеу болды.*

**БЕЛКҮЛЛІ** үст. сөйл. *Біржола, мүлде.*

**БЕЛКҮРЕК** зат. жерг. *Сабы ұзындау күрек.*

**БЕЛЛӘҺИ** [ар. بالله] од. ***Биллаһи.***

**БЕЛЛЕТРИСТ** зат. әдеб. *Прозалық шығарма жазумен айналысушы.*

**БЕЛЛЕТРИСТИКА** [франц. belles-lettres] зат. әдеб. *Баяндау түрінде жазылған көркем шығарма.*

**БЕЛОК** ор. зат. биол. ***Ақуыз*** *(Өсімдіктер клеткалары мен жануарлар ағзасының ең негізгі бөлігін құрайтын күрделі органикалық азотты қоспа).*

**Белок синтезі.** биол. <лат. translatio> *Тірі ағза жасушасындағы цитоплазма нуклеин қышқылдарынан ақуыздың синтезделу процесі.*

**БЕЛОКСЫЗ** сын. биол. *Ақуызы жоқ.*

**БЕЛОКТЫ** сын. биол. *Ақуызы бар.*

**БЕЛОКТІК** сын. биол. *Ақуызға жататын, ақуызға қатысты.*

**БЕЛОРАҚ** зат. жерг. *Кішілеу шалғы.*

**БЕЛСАЗ** зат. тар. *Көне дәуірлерден сақталған ғұрыптық құрылыстар.*

**БЕЛСЕКЕҢ** зат. сөйл. экспр. ***Белсендісымақ.***

**БЕЛСЕН=** ет. **1.** *Етек-жеңін жинап, білек сыбану.* **2.** *Бар ынтасымен құлшына, аянбай кірісу.*

**Белсенген білек**. *Күшті, алымды.* **Белсене қатысты.** *Атсалысты, білек түре кірісті.*

**БЕЛСЕНДІ** сын. **1.** *Қажырлы, ынталы, жігерлі.* **2.** *Үздіксіз, тынымсыз.* // тар. *Алдыңғы қатардағы тәжірибелі, озат адам.* // жағымсыз. *Орынсыз белсенділік жасаушы, асыра сілтеуші.*

**Белсенді иммунитет.** мед. *Ағзада бөгде денелер жұқпалы аурумен ауырғаннан кейін пайда болатын, не күшті вакцина егілгеннен кейін қалыптасатын ағзаның жүре біткен қорғаныштық қасиеті.* **Белсенді иммунитеттеу.** мед. *Антигендерді, вакциналық препараттарды егу арқылы ағзада жасанды иммунитет туғызу.* **Белсенді көмір.** хим. *Пайдалы қазбалардан немесе ағаш көмірінен алынатын дамыған кеуекті құрылымды заттек.* **Белсенді қорғаныс.** әск. *Қарсы жақтың күштерін әлсіретуші әрекеттер арқылы ұйымдас тырылған қорғаныс түрі.* **Белсенді мұздық**. сушар. *Қоректену алабынан үздіксіз мұз түсіп тұратын қозғалыстағы мұздық.* **Белсенді сайлау құқық**. қоғ.-әлеум. *Жынысына, кәсібіне, әл-ауқатына, біліміне т.б. қарамастан кәмелетке толған азаматтардың сайланбалы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға қатысу құқы.* **Белсенді толтырғыштар.** хим. *Материалдың эксплуатациялық қасиеттерін арттыратын және оларды өңдеудің жағдайын жақсартатын толықтырғыштар.* **Белсенді уақыт.** *Ұялы байланыстағы белгілі бір сағаттар ішіндегі сөйлесулердің арзан тарифы.* **Белсенді хлор.** хим. *Жоғары химиялық белсенділігі бар атом күйіндегі хлор.* **Белсенді ізденіс.** псих. *Адамдардың қарым-қатынасын тиімді жағдайға қарай орайластыратын мінез бітістерінің дара түрі.*

**БЕЛСЕНДІЛЕНДІРУ** зат. *Белсенділігін арттыру мақсатындағы әрекет.*

**БЕЛСЕНДІЛЕУ** сын. *Пысықтау, ынталылау, жігерлілеу.*

**БЕЛСЕНДІЛІК** зат. **1.** *Қажырлылық, жігерлілік, еңбекқорлық.* **2.** *Ынталылық, жұмыла кірісушілік.* **3.** псих. *Салдардың өзі әсер еткен заттың белсенді қатынасының нәтижесі ретіндегі психологиялық, философиялық қағида.* **4.** пед. *Ойын, сабақ, еңбек күнделікті іс-әрекетте кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай білу қабілеті.*

**БЕЛСЕНДІР=** ет. *Ынталандыру, жігерлендіру.*

**БЕЛСЕНДІРЕК** сын. *Белсенділеу.*

**БЕЛСЕНДІРУ** *Белсендір етістігінің қимыл атауы.*

**Белсендіру энергиясы.** хим. *Реагенттерден белсендірілген кешендердің бір молі түзілгендегі әлуеттік энергияның өзгеруімен сипатталатын кинетикалық параметр.* **Белсендіруші талдау.** хим. *Зерттейтін затты кванттармен және ядролық бөлшектермен сәулелендіргенде түзілетін радиоактивті изотоптардың сәуле шығару энергиясын өлшеуге негізделген талдау.*

**БЕЛСЕНДІСЫМАҚ** сын. экспр. *Орынсыз белсенділік, шолақ белсенді.*

**БЕЛСЕНДІСУ** *Белсендісі етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛСЕНДІСІ=** экспр. *Белсенді болғансу.*

**БЕЛСЕНУ** *Белсен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛСЕНІМ** зат. *Құлшынып, белсенді болушылық, белсенділік.*

**БЕЛСЕНІС=** ет. *Құлшынысу, белсенділік танытысу.*

**БЕЛСЕНІСУ** *Белсеніс етістігінің қимыл атауы.*

**БЕЛСОҒАР** зат. бейн. *Қыран құстың тұяғы мағынасында.*

**БЕЛСІЗ** сын. *Әлсіз, күшсіз.*

**БЕЛСІЗДІК** зат. мед. <лат. impotentia> *Жыныс қабілеті жоқтық, қуатсыздық.*

**БЕЛТАМЫР** зат. **1.** *Малдың беліндегі жуан тамыр.* **2.** жерг. этн. *Соғымға арналған малды сойып, мүшелеген адамға берілетін сыбаға.*

**БЕЛТЕМІР** зат. **1.** *Көлік доңғалағына көлденең бекітілетін темір.* **2.** спорт. <франц. tourner> *Спортқа арналған құрал-жабдық; дене шынықтыру үшін арнайы тартылатын құрал, турник.*

**БЕЛТІ: белті қой.** малшар. *Екі жастан асқан, піштірілген еркек қой.*

**БЕЛТІР** зат. **1.** *Балтыр мен тобық аралығы, жіңішке жіліншік.* **2.** *Етік бөлшегі.*

**БЕЛТІРЛІК** зат. **1.** анат. *Тобық пен балтыр арасындағы жіңішке жіліншік тұс.* **2.** *Жіліншікті орап байлайтын бау, тартқыш.*

**БЕЛУАР** зат. **1.** *Адамның бел тұсы, белдеме.* **2.** ауыс. *Бір заттың орта тұсы, тең ортасы.*

**БЕЛУАРДАН** үст. **1.** *Орта белге дейін, орта белінен.* **2.** *Бір заттың орта тұсына дейін.*

**Белуардан батты.** а) *Белінен, белшесінен келді.* ә) *Мөлшерден тыс, шамадан көп.* **Белуардан келді.** *Беліне дейін жетті.* **Белуардан қан кешті.** *Қан майданның, қырғын соғыстың ішінде болды.* **Белуарынан аса.** *Белінен аса, белінен жоғары.*

**БЕЛУАРЛА=** ет. *Белуардан келу, белдемелеу.*

**БЕЛУДЖ** зат. *Негізінен Иран, Пәкістан, Ауғанстан т.б. елдерде тұратын халық (өздерінің атауы – балуч, балы).*

**БЕЛУХА** зат. балықшар. *Дельфин тұқымдасына жататын кәсіптік маңызы бар сүт қоректі су жануары.*

**БЕЛШЕ** зат. *Үзеңгілік, белуар.*

**БЕЛШЕДЕН** үст. **1.** *Белуардан, белден, бел ортадан.* **2.** ауыс. *Шексіз мол, мөлшерсіз.*

**Белшеден басты.** *Бел ортасында жүрді, малтықты.* **Белшеден батты**. *Ортан белінен, белуардан келіп малтықты.* **Белшеден кешті**. *Молшылыққа батты, кенелді.* **Белшеден кірді**. а) *Малтықты, батты.* ә) *Қамалды, шырмалды.* **Белшеден қан кешті**. *Майданның, соғыстың нағыз ортасында, ішінде болды.*

**БЕЛШЕЛЕ=** ет. *Белшесінен кешу, бату, белдемелеу.*

**БЕЛШЕСІНЕН** үст. ***Белшеден.***

**Белшесінен басты**. *Білгенін істеп, дәурен сүрді.* **Белшесінен батты.** а) *Олжа, байлыққа кенелді, қарық болды.* ә) *Бір нәрсенің шырмауынан шыға алмай, малтықты.* **Белшесінен [белуардан] батырды.** а) *Үлкен олжаға кенелтті.* ә) *Қайғы-дертке түсірді, қиын жағдайға душар етті.*

**БЕЛЬ** ор. зат. биол. *Өсімдіктің жапырағы мен гүлдеріндегі өрмекшінің өрнегіне ұқсаған ақ ұнтақты ауру.*

**БЕЛЬТИНГ** [ағыл. belting] зат. тех. *Әртүрлі таспалар жасауға арналған берік техникалық мақта-мата материалы.*

**БЕМИТ** зат. мин. *Химиялық формуласы А 100Н гидроксидтер тобына жататын минерал.*

**БЕМОЛЬ** [франц. bemol] з а т. м у з. *Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон төмендететін таңба.*

**БЕН** ш ы л. *Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстыратын ыңғайлас жалғаулық шылау.*

**БЕНЕН** ш ы л. с ө й л. ***Бен.***

**БЕНДЕ** [ир. بنده ] з а т. с ө й л. **1.** ***Пенде.*** **2.** *Мүсәпір, кіріптар, көріп.*

**БЕНДЕДЕЙ** с ы н. с ө й л. ***Пендедей.***

**БЕНДЕЛІК** з а т. с ө й л. ***Пенделік.***

**БЕНДЕСІ=** е т. э к с п р. ***Пендесу.***

**БЕНДЕШІЛІК** з а т. с ө й л. ***Пендешілік.***

**БЕНДИ** з а т. с п о р т. *Допты хоккейдің бір түрі.*

**БЕНЕФИС** [франц. benefice] з а т. *Қатысушы актерлердің біреуінің пайдасы үшін қойылатын спектакль.*

**БЕНЕФИЦИАР** [франц. benefice] з а т. э к о н. *Өз мүлкін сенімгерлік негізде басқа адамның басқаруымен табыстау кезінде осы мүліктен немесе осы меншікті үшінші бір адамдардың пайдалануынан табыс алатын жеке немесе заңды тұлға.*

**БЕНЗАЛБДЕГИД** з а т. х и м. *С6 Н5 СНО қайнау температурасы 179° С болатын қарапайым хош иісті альдегид.*

**БЕНЗИЛ** з а т. х и м. *Сары түсті кристалдық зат.*

**Бензил спирті**. х и м. *Хош иісті, түссіз сұйық зат.*

**БЕНЗИН** [франц. benzine] з а т. х и м. *Мұнайды өңдеуден алынатын түссіз, сұйық жанармай, қозғалтқыштар отыны.*

**БЕНЗОЙ: бензой қышқылы.** х и м. *Қайнау температурасы 122,4°С түссіз кристалл, карбон қышқылы.*

**БЕНЗИНҚҰЙМА** з а т. т е х. *Автокөліктер қозғалтқыштарын іске қосушы бензин және т. б. жанармайлар құятын құрылғы.*

**БЕНЗОИНДІ: бензоинді конденсация.** х и м. *Көгерткіш қышқылдың тұздары қатысуында ароматикалық альдегидтердің екі молекуласынан ацилоин молекуласы түзілетін химиялық реакция.*

**БЕНЗОЛ** [ар. benzoa] з а т. х и м. *Тас көмір мен мұнайдан өндірілетін түссіз, өзіндік иісі бар ерітінді зат.*

**БЕНЗОНАЛ** з а т. м е д. *Болымсыз иісі бар, кристалды ақ ұнтақ.*

**БЕНЗПИРЕН** з а т. х и м. *Темекі құрамындағы химиялық зат.*

**БЕННЕТТИТ** [лат. bennettitales] з а т. б о т. *Мезозой эрасында тіршілік еткен ағаш тәрізді ашықтұқымды өсімдік.*

**БЕНТ**[1] з а т. с ө й л. ***Винт.***

**БЕНТ**[2] з а т. *Тұтқын.*

**БЕНТАЛЬ** [грек. benthos] з а т. с у ш а р. *Грунтта немесе оның қабатында тіршілік ететін ағзалар болатын суқоймалардың (көл, бөген) түбі.*

**БЕНТОНИТ** [ағыл. bentonite] з а т. х и м. *Вулкандық жыныстардың химиялық өзгеруінен пайда болатын, жасыл не сары түсті шөгінді саз.*

**БЕНТОНИТТІ** с ы н. х и м. *Бентониті бар (топырақ).*

**БЕНТОС** [грек. benthos] з а т. **1.** з о о л. *Балық жеміне жұмсалатын судағы ұсақ жәндік.* **2.** с у ш а р. *Теңіз және құрлық су қоймаларының (негізінен жағалауға жақын маңда) түбінде тіршілік ететін жәндіктер мен өсімдіктердің жиынтығы.*

**БЕНЧ** [ағыл. bench] з а т. г е о л. *Жағалаудың түпкілікті таужыныстарының жағасызығының ауытқуларына байланысты толқындар әрекетімен тегістелген бөлігі.*

**БЕНУАР** [франц. baignoire] з а т. *Театрдағы партердің екі жағын ала сахнамен деңгейлес немесе сәл төмендеу орналасқан бірнеше адамдық орын.*

**БЕҢЗЕ**[1]**=** е т. *Көзі түсу, қарау.*

**БЕҢЗЕ**[2] **=** е т. *Ұқсау.*

**БЕҢЗІ** [түрік] з а т. *Бет-пішін, әлпет, түр, беттің түр-түсі.*

**БЕҢЗІ: беңзі салды.** з а т. и р. *Жар салды, іздеу салды.*

**БЕП-БЕКЕР** ү с т. *Тектен-тек, босқа.*

**БЕП-БЕЛГІЛІ** с ы н. *Ап-айқын, айдан анық.*

**БЕР**: **бер жақ.** а) *Арғы бетке қарама-қарсы жақ, тұс.* ә) *Белгілі мерзімнен кейінгі кезең.* б) *Сырт жағы, сыртқы тұрпаты.*

**БЕР=** е т. **1.** *Біреуге белгілі бір затты қолмен ұстату, әперу.* **2.** *Белгілі бір затты біреуге жеткізу, табыс ету, тапсыру.* **3.** *Тамақтандыру, қоректендіру, азықтандыру.* **4.** *Алған міндеттемені орындап беру, өнім өткізу.* **5.** *Белгілі бір оқу орнына, арнаулы жерге орналастыру, түсіру.* **6.** *Өнім өндіру, шығару.* **7.** *Риза қылу, жарылқау, тілегін орындау.* **8.** м а т. *Бүтін санды бөлу, бөлшектеу.* **9.** а у ы с. *Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу.* **10.** а у ы с. *Ұру, соғу.* **11.** а у ы с. *Пайда ету, бітіру.*

**Берген перде бұзады.** э т н. *Алыс-беріс, ауыс-түйіс жүрген жерде бөгет, кедергі болмайды.* **Бергенінен [берерінен] жазбасын!** т і л е к. *Құдайдың рақымы қырқылмасын, мейірімі бетін бұрмасын деген мағынадағы тілек.* **Бергеніңе тоймайды.** *Алғаныңа риза болмайды, қанағат етпеді.* **Бере көр.** *Тілек етіп жалбарыну мәніндегі сөзқолданыс.* **Берсе қолынан, бермесе жолынан.** *Өздігінен көнсе көнсін, көнбесе мәжбүрлеймін деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Бет берді**. *Шырай, рай білдірді.*

**Бер жағымен.** *Шын көңілден емес, сырттай.*

**БЕРБЕР** з а т. *Солтүстік Африка, Орталық және Батыс Суданды мекендейтін халықтардың тобы (тамазигт, рифтер, шлёх, туарегтер, кабилдер).*

**БЕРБЕРИН** [франц. berberine] з а т. б и о л. *Бөріқарақат, сарғалдақ, айқрық, андыз және т. б. тұқымдастар жапырақтарында кездесетін алколоид.*

**БЕРБЕТ** з а т. ж е р г. ***Меруерт.***

**БЕРГЕК** з а т. **1.** *Әйелдердің әшекейлі баскиімі.* **2.** *Сән үшін жамылатын әшекейлі жамылғыш.*

**БЕРГЕКТЕЙ** с ы н. *Бергек сияқты, бергек тәрізді.*

**БЕРГІ** с ы н. **1.** *Арғы жаққа қарама-қарсы жақтағы, бер жақтағы, осы жақтағы.* **2.** *Бергінгі, берменгі, белгілі бір мерзімнен кейінгі.* **Бергі ата**. *Әкесінің әкесі, үлкен әке.*

**БЕРГІЗ=** е т. **1.** *Әперту, әпергізу, табыс еткізу.* **2.** *Қосу, күйеуге шығару.*

**БЕРГІЗДІР=** е т. **1.** *Тапсырту, табыстату.* **2.** а у ы с. *Қостыру, күйеуге шығару.*

**БЕРГІЗУ** *Бергіз етістігінің қимыл атауы; тапсыру, табыстау.*

**БЕРГІСІЗ** с ы н. *Артық, жоғары.*

**БЕРГІШ**[1] з а т. т е х. <ағыл. generator> *Дыбыс, жарық, қысым және т. б. физикалық шаманы техникалық құралдармен өңделетін сигналдарға түрлендіретін құрылғы.*

**БЕРГІШ**[2] с ы н. *Береген, қолы ашық, тапатқыш.*

**Белгі бергіш.** *Ымдағыш.*

**БЕРГІШТЕ=** е т. *Үсті-үстіне беру, жиі беру, үстемелеп бере беру.*

**БЕРГІШТЕУ** *Бергіште етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРГІШТІК** з а т. *Бергіш болушылық, көп берушілік, берегендік.*

**БЕРДЕН**[1] з а т. с ө й л. ***Берденке.***

**БЕРДЕН**[2]: **берден шұбар.** *Қызыл шұбар жылқы.*

**БЕРДЕҢКЕ** з а т. *XIX ғасырдағы бір оқпен оқталатын шағын калибрлі мылтық.*

**Берденке мылтық.** э т н. к ө н е. *Бір оқпен атылатын, алысқа тиетін мылтық.*

**БЕРДЕҢКЕДЕЙ** с ы н. *Берденке сияқты, бірденке тәрізді.*

**БЕРЕГЕН** с ы н. **1.** *Қолы ашық, жомарт, мырза.* **2.** *Өнімі, берері мол.*

**Береген қолым алаған.** *Мырзалық етіп біреуге бере де білем, біреуден ала да білем деген мағынада.*

**БЕРЕГЕНДІК** з а т. *Береген болушылық, мырзалық, жомарттық.*

**БЕРЕГЕНСІ=** е т. э к с п р. *Қолы ашық болғансу, шүленсу.*

**БЕРЕГІРЕК** ү с т. с ө й л. ***Берірек.***

**БЕРЕГІРЕКТЕ** ү с т. с ө й л. ***Беріректе.***

**БЕРЕЗЕ** з а т. *Әшекей бұйымдарға қолданылатын жартылай асыл тас, перуза.*

**БЕРЕЗЕЛІ** с ы н. *Березе қондырған, березесі бар.*

**БЕРЕЗЕП** с ы н. с ө й л. ***Зәрезап.***

**БЕРЕЗИТ** з а т. к е н. *Кварц, серицит, карбонит (анкерит не кальзит) пириттен тұратын метасоматит.*

**БЕРЕЗИТТЕНУ** з а т. к е н. *Кейбір қышқыл таужыныстарының гидротермалық ерітінділер әсерінен өзгеруі, яғни металл алмасу процесінің бір түрі.*

**БЕРЕЗИТТІ** с ы н. г е о л. *Березиті бар.*

**БЕРЕК**[1] з а т. *Мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың өрімі, бұтағы.*

**БЕРЕК**[2] с ы н. *Құнарлы, нәрлі. // Құнарлы, нәрлі жер.*

**БЕРЕКЕ** [ар. بركة ] з а т. **1.** *Ырыс, молшылық, құт.* **2.** *Ауызбірлік, ынтымақ. // Ауызбірлігі бар жер, ынтымақты жер.*

**Береке дарыды**. *Құт қонды, береке кірді.* **Береке қонбады.** *Құты қашты, дәулеті баянды болмады, ырысы тайды.* **Береке қонды**. *Дәулеті артты, ырысы молайды, құты кірді.* **Береке қылды.** *Ынтымақты етті, ауызбірлік қылды.* **Берекесі кетті**. а) *Шырқы бұзылды, құты қашты.* ә) *Асып-састы, абыржыды, абдырады.* б) *Ауызбірлігі бұзылды, ынтымағы жойылды.* **Берекесі қалмады [қалған жоқ]**. *Құты қашты, ынтымақ болмады.* **Берекесі қашты**. *Құты қашты, ынтымағы кетті.* **Берекесін алды**. *Ынтымағын бұзды, құтын кетірді.* **Берекесін берсін.** т і л е к. *Бардың игілігін берсін.* **Берекесін кетірді [ұшырды].** *Мазасын алды, есін шығарды, құтын қашырды.* **Берекесін қашырды.** *Құтын қашырды, дегбірін кетірді.* **Берекесін шашты.** *Берекелі етті, нұрға бөледі.* **Берекесі ұшты**. *Мазасы кетті, ынтымағы болмады.* **Береке таппады**. *Нәтиже шығармады, ұқсатпады, мәнді, пайдалы нәрсе болмады.* **Береке тапты**. *Байыз тапты, рақат көрді.* **Береке шықпады**. *Нәтиже болмады.*

**БЕРЕКЕ-БІРЛІК** з а т. *Ауызбірлік, бірлік.*

**БЕРЕКЕ-ҚҰТ** з а т. *Бақ-дәулет.*

**Береке-құты қалмады.** *Асып-састы, абыржыды.* **Береке-құтын қашырды**. *Құтын ұшырды, дегбірін кетірді.*

**БЕРЕКЕЛЕН=** е т. *Берекесі кіру, берекелі болу.*

**БЕРЕКЕЛЕНДІР=** е т. *Берекесін кіргізу, берекелі ету.*

**БЕРЕКЕЛЕНДІРУ** *Берекелендір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРЕКЕЛЕНУ** *Берекелен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРЕКЕЛЕС=** е т. *Ынтымақтасу, бірлесу, бірігу, тату өмір сүру.*

**БЕРЕКЕЛЕСУ** *Берекелес етістігінің қимыл атауы; ынтымақтасу.*

**БЕРЕКЕЛІ** сын. **1.** *Берекесі мол, игілікті.* **2.** *Ауызбірлігі бар, ынтымақты.* **3.** ауыс. *Тыңғылықты, тындырымды, ұқыпты.* **4.** ауыс. *Пайдалы, тиімді.* **5.** ауыс. *Мол, ағыл-тегіл.* **6.** ауыс. *Жайлы, мамыражай.*

**Берекелі болғай [болсын].** тілек. *Жайлы, қайырлы, құтты болсын деген мағынада.*

**БЕРЕКЕЛІК** сын. *Молшылық, құттылық.*

**БЕРЕКЕЛІЛІК** сын. *Өнімділік, молдық.*

**БЕРЕКЕЛІРЕК** сын. *Берекесі молдау, тиімділеу.*

**БЕРЕКЕСІЗ** сын. **1.** *Берекесі кеткен, берекесі жоқ.* **2.** *Бейберекет, қалай болса солай.* **3.** *Мәнсіз, мағынасыз, бос.* **4.** *Тыңғылықты ісі жоқ, пәтуасыз, тұрлаусыз, шалағай.*

**БЕРЕКЕСІЗДЕН=** ет. **1.** *Берекесі кету, қожырау.* **2.** *Дегбірсізденү, құты қашу.*

**БЕРЕКЕСІЗДЕНДІР=** ет. *Берекесін кетіру, қожырату.*

**БЕРЕКЕСІЗДЕНУ** *Берекесізден етістігінің қимыл атауы, қожырау.*

**БЕРЕКЕСІЗДЕУ** сын. **1.** *Қалай болса солайлау, жүйесіздеу.* **2.** *Тиянақсыздау, шалағайлау.*

**БЕРЕКЕСІЗДІК** зат. *Берекесіз болушылық, берекесі кеткендік, берекесі жоқтық.*

**БЕРЕКЕТ** [ар. برکة ] зат. *Береке-құт, береке-бірлік.*

**Берекеті кетті [қашты].** *Құты қашты, асып-састы.* **Берекетін алды.** *Құтын қашырды, шырқын бұзды.*

**БЕРЕКЕТСІЗ** сын. *Берекесіз, тиянақсыз.*

**БЕРЕКЕТСІЗДІК** зат. *Берекетсіз болушылық, берекесіздік, ысырапшылық.*

**БЕРЕКЕТТІ** сын. сөйл. ***Берекелі.***

**БЕРЕН**[1] зат. **1.** *Қымбат, асыл мата.* **2.** *Осы матадан тігілген киім.*

**Берен белбеу.** *Қымбат, бағалы, асыл матадан жасалған белбеу.*

**БЕРЕН**[2] зат. **1.** *Ұңғысы ұзын шиті мылтық.* **2.** *Пышақ сияқты қару; қанжар.* **3.** әск. *Нейлон, шыныпластикалық кеудеше немесе құрыш өмілдірік, әскери қызметшілердің жекелеген нысандарының қорғаныс жарағы.* **4.** ауыс. *Батыр, ер. // Өжет, өткір.*

**Берен мылтық.** *Бұрынғы уақыттағы белгілі мылтықтардан кейін шыққан, пистонмен атылатын мылтықтың түрі.* **Берен сауыт.** этн. *Батырлардың болат темірлі қорғануға арналған киімі.*

**БЕРЕНГҮЛ** зат. өс. <лат. lindernia> *Сабынкөктер тұқымдасы линдерния туысына жататын өсімдік.*

**БЕРЕНГІ** сын. ***Берен.***

**БЕРЕНГІЛІ** сын. *Беренгісі бар.*

**БЕРЕНДЕЙ** сын. *Берен сияқты, берен тәрізді.*

**БЕРЕНДІК** сын. *Беріктік, мықтылық, батылдық.*

**БЕРЕНЖ** зат. *Күріш.*

**БЕРЕНКЕЖІМ** зат. *Ат сауытының бір түрі.*

**БЕРЕНСӨЗ** зат. *Шешендікке құрылған көркемсөз; публицистика.*

**БЕРЕҢГІЛІ: береңгілі сауыт.** этн. *Берен сауыт.*

**БЕРЕРМЕН** сын. *Қарыздар, берешек адам.*

**Берерменде бесеу, алармандa алтау.** *Бергеннен гөрі алғанды ұнататын, қанағатсыз деген мағынада.*

**БЕРЕРМЕНДЕ** үст. *Беретін кезде, беруге келгенде.*

**БЕРЕСІ** зат. **1.** *Берешек, қарыз.* **2.** экон. *Есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы.*

**БЕРЕСІЛІ** сын. *Берешек, қарыздар.*

**БЕРЕСІЛІ-АЛАСЫЛЫ** сын. *Алыс-берісі бар.*

**БЕРЕТ** [франц. beret] зат. *Дөңгелетіп тігілген жеңіл баскиім.*

**БЕРЕТТІ** сын. *Берет киген, береті бар.*

**БЕРЕШЕК** зат. **1.** *Қарыз, бересі.* **2.** *Қарыздар, берешек.* **3.** ауыс. *Азаматтық парыз, борыш.* **4.** қаржы. *Белгіленген мерзімде төленуге немесе өндіріп алуға тиіс міндеттемелердің құндық бағалануы.*

**БЕРЖЕБАЙ** [ор. биржевой] зат. **1.** *Ат-арбамен (не ат-шанамен) жүк тасып, кісі тасып күн көруші адам.* **2.** *Кісі таситын көлік.*

**БЕРЖАБАЙЛЫҚ** зат. *Бержабай болып кәсіп етушілік.*

**БЕРЖАБАЙШЫ** зат. *Бержабай болушы.*

**БЕРЖІМЕК** зат. вет. *Малдың бауырына, өкпесіне жылауық түсіп ауыратын кесел.*

**БЕРИ-БЕРИ** [сингал. beriberi] зат. мед. *Тағам құрамында* В *витаминінің жетіспеушілігінен болатын ауру.*

**БЕРИКС** зат. зоол. *Теңіздің терең жерлерінде тіршілік ететін балық түрі.*

**БЕРИЛЛ** [грек. beryllos] зат. мин. хим. *Аса қымбат бағалы меруерт тастың бір түрі.*

**БЕРИЛЛИЙ** [лат. beryllium] зат. хим. *Менделеевтің периодты жүйесінің II тобындағы жеңіл, ашық сұр түсті металл.*

**БЕРИЛЛИЙЛЕУ=** ет. хим. *Болатты не басқа қорытпаларды негізінен ыстыққа берік қорытпаларды, бериллиймен беттік диффузиялық қанықтыру.*

**БЕРИЛЛИЙЛІ** сын. *Бериллийден тұратын, құрамында бериллий бар.*

**Бериллийлі қорытпалар.** хим. *Бериллий негізіндегі қорытпалар.*

**БЕРКЛИЙ** зат. хим. *Актинойдтар тобына жататын, жасанды жолмен алынған радиактивті химиялық элемент.*

**БЕРКІ=** ет. *Беку, берік болу.*

**БЕРКІЛ=** ет. **1.** *Байлану, бекітілу.* **2.** *Тағайындалу, бекітілу.*

**БЕРКІЛУ** *Беркіл етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРКІН=** ет. *Бекіну, берік болу, қайраттану.*

**БЕРКІНУ** *Беркін етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРКІНІС** зат. ***Бекініс.***

**БЕРКІТ**[1]**=** сын. *Берік, мықты.*

**БЕРКІТ**[2]**=** ет. *Берік, қатты қылу, мықтау.*

**БЕРКІТУ** *Беркіт етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРЛЕ=** ет. сөйл. *Бер-бер деу, сұрау, өтіну.*

**БЕРЛІ** үст. сөйл. ***Бері.***

**БЕРМА** [нем. Berme] зат. **1.** геогр. *Топырақ үйіндісінің үстінде немесе өте терең қазылған жердің жақтауына жасалатын көлденең алаңша.* **2.** кен. *Карьердің жұмыстық емес беткейінің күтпеген қиябеттері арасындағы горизонталь алаңша.*

**БЕРМЕН** үст. **1.** *Бері қарай, бері таман.* **2.** *Беріректе, жуырда, жақында.*

**Бермен бет, әрмен жүрек.** *Ку, екі жүзді, арам.* **Бермен қарайғы.** а) *Осы кезге дейінгі, бүгінге дейінгі.* ә) *Өзі тұрған жерге немесе әңгіме болып тұрған нысанаға дейінгі, сол тұсқа дейінгі.*

**БЕРМЕНТІН** үст. *Бертінде, таяуда.*

**БЕРМЕНІ** үст. *Берісі, бері дегенде.*

**БЕРНЕ**[1] зат. *Бет-әлпет.*

**БЕРНЕ**[2] зат. сөйл. **1.** ***Перне.*** **2.** ауыс. *Астарлы сөз.*

**БЕРНЕЛЕУ=** ет. сөйл. *Бейнелеу, суреттеу.*

**БЕРТІН** үст. **1.** *Бергі, соңғы.* **2.** *Кейін, соңынан.*

**Бертін келе.** *Беріде, кейінірек, соңғы кезде.*

**БЕРТІНГІ** сын. *Бергі, соңғы, кейінгі.*

**БЕРТІНДЕ** үст. *Соңғы уақытта, кейінгі кезде.*

**БЕРТІНДЕГІ** сын. *Жуықтағы, жақындағы, кейінгі.*

**БЕРТІНІРЕК** үст. *Соңғы уақытта, кейінірек.*

**БЕРУ** *Бер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өнім өндіру, шығару.* **2.** *Теледидардан көрсету, радиодан айту.*

**БЕРУШІ** зат. *Беретін адам, ұсынушы.*

**Берушіге бесеу көп**. *Әдетте адамның біреуге бергені өзіне көп көрінеді деген мағынада.*

**БЕРШЕК** [ор. вершок] зат. *4,4 см мөлшері немесе 1/16 аршынға тең ұзындық өлшемі.*

**БЕРШІН** зат. жерг. *Ұрғашы үйрек.*

**БЕРШІМЕК** зат. жерг. ***Беріш.***

**БЕРІ** шыл. *Белгілі бір мерзімнен, мезгілден кейін, соң.*

**БЕРІ**[2] үст. **1.** *Әрі сөзіне қарама-қарсы, бермен, жақын, жуық, таяу.* **2.** *Әрі қарай емес, сөйлеушіге қарай.*

**Бері келе**. *Соңғы кезде, кейін келе.* **Бері қара**. *Көңіл бөл, ынта қойды, назар салды.* **Бері қарайғы.** а) *Әңгіме болып тұрған кезден бастап осы кезге дейінгі.* ә) *Әңгіме болып тұрған жерден осы жерге дейінгі.* **Беті бері қарады.** а) *Аурудан айыға бастады.* ә) *Дұрысталды, жөнге келді, түзелді.*

**БЕРЕГІРЕК** үст. *Бері таман.*

**БЕРІГІРЕК** сын. *Мықтырақ, төзімдірек.*

**БЕРІГІРЕКТЕ** үст. *Бергі жағында, сәл берілеу.*

**БЕРІДЕ** үст. *Жақында, жуықта, таяуда.*

**БЕРІК**[1] сын. **1.** *Мықты, бекем, мығым.* **2.** ауыс. *Шыдамды, ұстамды, сабырлы.* **3.** *Тұрақты, сенімді, табанды.* **4.** ауыс. *Жабық, бекітулі.* **5.** ауыс. *Күмәнсіз, кәміл.* **6.** ауыс. *Мықтап, әбден, нық.*

**Берік байланысқан су.** кен. *Таужыныстар түйірлерінің сыртына жабысып, өте жұқа (бір, не бірнеше су молекуласындай) қабық құрып тұратын су.* **Берік бол.** тілек. *Қиыншылыққа тап болған немесе жақын адамы қайтыс болған адамға жасыма, қайратты бол, сабыр сақта деген мағынада айтылатын сөз.* **Берік қарас**. *Табанды, тұрақты көзқарас.* **Берік сүттіген**. өс. <лат. euphorbia sclerocyathium> *Биіктігі 25- 50 см, сабағының төменгі бөлігі сүректенген, сүттіген туысына жататын бұта.*

**БЕРІК**[2] зат. өс. <лат. sphaerophusa salsula> *Бұршақ тұқымдасы айбатмия туысына жататын, көпжылдық өсімдіктің сортаң жерде өсетін түрі.*

**БЕРІКБАС** зат. зоол. *Басын жоғары көтеріп ұстайтын кесіртке.*

**БЕРІКҚАРА: берікқара терегі.** өс. *Терек тұқымдасына жататын ағаш.*

**БЕРІКТЕУ** сын. *Берігірек, мықтырақ, төзімдірек, ұстамдырақ.*

**БЕРІКТІК** зат. **1.** *Берік болушылық, мықтылық, төзімділік.* **2.** физ. *Материалдардың белгілі бір жағдайлар мен шектерде қандай да бір жүктемелер, әркелкі температуралық, магниттік, электрлік және т.б. өрістер, әркелкі кебу не ісіну және осы сияқты әрекет-әсерлерді қирамай қабылдау қасиеті.* **3.** әск. *Әскери күштердің ұрысқа қабілеттілігінің көрсеткіші, тыл мен әскердің шұғыл қалыпқа келе алу қасиеті.* **4.** ауыс. *Мызғымастық, тұрақтылық.* **5.** ауыс. *Сенімділік, батылдық.*

**Беріктік шегі.** кен. *Үлгінің қирау аймағында*

*қима ауданының жергілікті өзгерісінсіз қирайтын уақытша кедергісі.*

**БЕРІКТІЛІК** зат. сөйл. ***Беріктік.***

**БЕРІЛ=** ет. **1.** *Табыс етілу, ұсынылу.* **2.** *Атақ, дәреже берілу.* **3.** ауыс. *Байқалу, белгі беру.* **4.** ауыс. *Табылу, қолға түсу.* **5.** ауыс. *Тәуелді болу, бас ию, бағыну, ырқына көну.* **6.** ауыс. *Белгілі бір заттың бейнесінің сипаттап көрсетілуі, суреттелуі.* **7.** ауыс. *Ұю, бойын билету, мауждырау, сөзге, іске еріп, өз жолынан таю.* **8.** ауыс. *Ықылас, ынта қою, зер салу.* **9.** ауыс. *Мүдделі іске жан-тәнімен қалтықсыз сену.* **10.** ауыс. *Елігу, қызыққа бату.*

**БЕРІЛГІШ** сын. *Бойұрғыш, әуестенгіш.*

**БЕРІЛГІШТІК** зат. *Ықылас, ынта қойғыштық.*

**БЕРІЛУ** *Беріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстатылу, ұсынылу, әперілу.* **2.** *Тиесілі болу, ауысу, көшу.* **3.** ауыс. *Бас ию, бағыну.*

**БЕРІЛУШІ** зат. *Бой ұрушы, әуестенуші.*

**БЕРІЛТ=** ет. *Бергізілу.*

**БЕРІЛТУ** *Берілт етістігінің қимыл атауы; нұсқау, көрсету.*

**БЕРІЛІС: беріліс желі**. тех. *Электр қуатын тасымалдайтын жүйе.*

**БЕРІМ** зат. *Ауызбастырық, пара.*

**БЕРІМСЕК** зат. *Қарыз алған, өтеуге тиісті зат, берешек.*

**БЕРІН=** ет. *Берілу, жеңілу, бағыну.*

**БЕРІҢКІРЕ=** ет. *Бере түсу.*

**БЕРІРЕК** үст. *Берменірек, жақынырақ.*

**Берірек келген соң [келгенде]**. *Бертін келе, кейінгі кезде.*

**БЕРІРЕКТЕ** үст. *Таяуырақта, жақынырақта.*

**БЕРІС=** ет. *Алыс-беріс жасасу, құда болысу.*

**БЕРІСПЕ=** ет. **1.** *Берілмеу, жеңілмеу, ұтылмау.* **2.** *Парапар келу, кем түспеу.*

**БЕРІСПЕУ** *Беріспе етістігінің қимыл атауы; берілмеу, жеңілмеу.*

**БЕРІШ**[1] зат. **1.** мед. <грек. kirros> *Тері астында қатып қалған ісік, өлі ет, түйін, шор; цирроз.* **2.** *Қайың, терек сияқты ағаштардың шорланған жері; без.* **3.** *Түйе шөккенде таяныш болатын төстабанындағы, жерсоғарындағы сүйел.* **4.** ауыс. *Ұмытылмас қайғы-қасірет.*

**Беріш қабы**. анат. *Өліеттенген түйінді сыртынан орап алған қабық.*

**БЕРІШ**[2] зат. зоол. *Каспийде, Қара теңізде кездесетін көксерке тұқымдас балық.*

**БЕРІШБАЛЫҚ** зат. зоол. *Көксерке тұқымдасына жататын балықтың түрі.*

**БЕРІШКЕНЕ** зат. зоол. *Өрмекші тәріздiлер класы кенелер отрядының бүзгынша кенелер тұқымдасы.*

**БЕРІШТЕЙ** сын. *Беріш сияқты, беріш тәрізді.*

**БЕРІШТЕН=** ет. *Берішке айналу, шор болып біту.*

**БЕРІШТЕНУ** *Берiштен етістігінің қимыл атауы.*

**БЕРІШТІ** сын. *Беріш болған.*

**Берішті клавулина.** биол. <лат. clavulina cartilaginea> *Клавариялар тұқымдасына жататын саңырауқұлақ.*

**БЕС** сан. **1.** *Төрттен кейінгі есептік сан, 5 цифрының атауы.* **2.** пед. *Оқу орындарында қабылданылған ең жоғары баға, балл.*

**Бес-ақ минут.** сөйл. *Аз уақыт, әне-міне дегенше, тез.* **Бес аспап [қаруындай].** *Әртүрлі істің, мамандықтың тетігін білетін, жан-жақты.* **Бес батпан [батпандай].** а) *Әбден баттасқан кір, салтақ-салтақ кір.* ә) *Өте ауыр, зілдей.* **Бес баулы зат.** *Бес рудан тұратын.* **Бес биенің сабасындай**. *Толық денелі, етжеңді (әйел).* **Бес елі [елідей].** этн. а) *Бес саусақтың еніндей болатын қалыңдық өлшемі.* ә) экспр. жағымсыз. *Мүлдем мардымсыз, аз деп азырқану мағынасында қолданылады.* б) экспр. *Баттасқан.* **Бес елі кір.** экспр. *Әбден ластанған, қарала қожалақ, кұс-кұс.* **Бес жақсы.** этн. *Байырғы кездегі тоғыз беру салтының құрамына кіретін бес тәуір зат [егер бес жақсы құл мен күң бастаған тоғыз болса, оның бес жақсысы 1) құл мен күң 2) боталы түйе 3) қазанат, 4) қалы кілем 5) құндыз ішік болады; ал бас жақсы боталы түйе болса, оның бес жақсысы 1) боталы түйе 2) құлынды бие 3) қалы кілем 4) астарлы шапан, 5) түзу мылтық (алмас қылыш) болады. Әдетте бес жақсының құрамын санамалап айтпай-ақ бас жақсыға қарап біледі. Толымды тоғыздың бас жақсысы құны мың жылқыға бағаланатын гауһармен әшекейлеген сәукеле тәрізді аса бағалы зат та болады].* **Бес күн жалған.** фольк. *Қысқа өмір, опасыз дүние.* **Бес күндік.** а) *Азғана, қысқа, келте, уақытша.* ә) *Жалған (дүние), келте (ғұмыр).* **Бес кітап.** діни. *Тора, Тәурат-Інжілдің бір бөлігі болып табылатын көне өсиеттің алғашқы бес кітабының аты.* **Бес қанат үй.** этн. *Бес бөлек керегеден тұратын киіз үй.* **Бес қаралық**. *Бес малға тұратын, бағалы.* **Бес қияға асты.** *Ұзап кетті, алыстады.* **Бес қиямет.** *Халықтың діни сенім бойынша, адам өміріндегі қиындықтар.* **Бес қолдың саласындай**. сөйл. *Бес саусақтай.* **Бес құлаш.** а) *Иық деңгейінде созылған екі қол ұшының аралығындай бес ұзындықты білдіретін өлшем.* ә) бейн. *Шұбатылған ұзын, аса ұзын.* **Бес намаз дұға қылды**. діни. *Таң атқаннан кеш батқанша тілеуін Алладан намаздарда ұзбей тіледі.* **Бес парыз**. діни. *Мұсылмандықтың бес іргетасы – кәлиманы айту, бес уақыт намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажылық ғибадатын орындау.* **Бес саусақтай білді.** *Әбден қаныққ, өте жетік меңгерді, таныды.* **Бес саусағындай білді.** *Жан-жақты жетік, жақсы білді.* **Бес саусақ.** *Адам қолындағы саусақтар.* **Бес саусақтай.** *Ынтымақшыл, бірлікшіл.* **Бес саусақтай белгілі.** *Ап-анық, айдан анық, әбден түсінікті.* **Бес тал**. *Сирек, селдір мағынасында.* **Бес тиындық пайдасын көрмеді [көрген жоқ].** *Ешбір пайда көрмеді, пайдасы болмады.* **Бес тиын.** сөйл. *Түк емес, құны төмен.* **Бес тиынға тұрмайды**. *Түкке алғысыз, бағасыз, құнсыз.* **Бес тиын құрлы көрмейді.** *Мүлде бағаламайды, сыйламайды.* **Бес уақыт намаз**. діни. *Мұсылмандықтың бес парызының бірі, бес уақыт оқылатын намаз – таң намазы (памдат), бесін намазы, екінті намазы, ақшам намазы, құптан намазы.*

**БЕСАҚА** зат. жерг. *Бес тармақты аша, айыр.*

**БЕС-АЛТАУ** сан. *Бес-алты санының жинақтау түрі, болжалды сан.*

**БЕС-АЛТЫ** сан. *Мөлшері бес-алтыға жетер-жетпес, болжалды сан.*

**БЕСАППАЗЫ** зат. жерг. *Ағаш шелек.*

**БЕСАСПАП** сын. **1.** *Қолынан келмейтіні жоқ, шебер, өнерлі, жан-жақты.* **2.** *Бірнеше жұмысты қатарынан атқаратын, әмбебап.*

**Бесаспабы сайлаулы**. *Бар қаруы дайын, жау жарағы әзір.*

**БЕСАТАР** зат. *Ұңғысы ирі ойықты, бес оқты мылтық.*

**БЕСБАРМАҚ** зат. қарап. *Етке қамыр салып жасалатын қазақтың ұлттық ыстық тағамын өзге ұлт өкілдерінің атауы.*

**БЕСБАРМАҚ** зат. өс. сөйл. ***Бессаусақ.***

**БЕСБАРМАҚТЫ: бесбармақты ергежейлі қосаяқ.** зоол. <лат. cardiocranius paradoxus> *Кемірғіштер отрядының қосаяқтар тұқымдасына жататын кішкентай аң.*

**БЕСБЕЛДЕМ** зат. *Түзу, тегіс, кәделік ағаш.*

**БЕС-БЕСТЕН** сан. *Бес санының топтық түрі.*

**БЕСБИКЕ** зат. экспр. жағымсыз. *Аты шулы, атақты, танымал.*

**БЕСБҰРЫШ** зат. геом. <грек. pente – бес; herda – негіз, бет, жақ> *Бес жазықтықпен шектелген геометриялық дене.*

**Бесбұрыш таңбасы.** экон. *Жоғары сапалы товарларға таңба ретінде қойылатын бес бұрышты белгі.*

**БЕСБІЛЕЗІК** зат. зерг. *Күміс шынжырмен байланысатын бес жүзігі бар білезік.*

**БЕСЕДКА** ор. зат. сөйл. *Аулада, бақ, саябақ ішінде демалу үшін жасалған, жан-жағы ашық, төбесі жабық шағын орынжай.*

**БЕСЕНЕДЕН**: **бесенеден белгілі**. *Айдан анық, әуелден мәлім, айқын.*

**БЕСЕНЕЛІ** сын. ***Бақытты.***

**БЕСЕУ** сан. *Бес санының жинақтау түрі.*

**БЕСЖАҚТЫ** сын. саяси. *Келісуші, шартқа отырушы мүдделі жақтарының саны бесеу болатын.*

**БЕСЖАПЫРАҚТЫ**: **бесжапырақты беде**. өс. <лат. fritolium lupinaster leguminosae juss> *Биіктігі 15-50 см болатын көпжылдық өсімдік.*

**БЕСЖЫЛДЫҚ** зат. сов. *Халық шаруашылығының бес жыл ішіндегі жоспары.*

**БЕСКЕМ** зат. *Белгі, нышан (соғыста белгі ретінде тағып алатын сиырдың құйрығы немесе жібек).*

**БЕСКӨЗ** зат. жерг. *Матаның түрі.*

**БЕСКҮНДІК** сын. сөйл. *Аз күндік, уақытша. // Өткінші жалған дүние, мәнсіз, мағынасыз өмір.*

**Бескүндік дүние.** а) діни. *Жалған, жер бетіндегі өткінші, о дүниеге дейінгі адамның өмірі.* ә) *Құ тіршілік, күйбең тірлік.*

**БЕСҚАДАҚ** зат. *Сыйымдылығы бес литрлік ыдыс.*

**БЕСҚАРУ** зат. этн. *Байырғы кезде батырдың жекпе-жекте: тартыспақта (садақ), атыспақта (мылтық), шанышпақта (найза), шабыспақта (қылыш), салыспақта (шоқпар) қолданылатын жау-жарақтары.*

**Бесқаруын асты.** *Жекпе-жекке қажетті – атыспақ, тартыспақ, шанышпақ, шабыспақ, салыспақ қару-жарағын түгел өзімен алды.* **Бес қаруын асынды.** *Жау-жарағын түгел сайланды, сақадай сай болды.*

**БЕСҚАСҚА** зат. этн. *Бес таспалы қамшы.*

**БЕСҚАСТЫ: бесқасты жүзік**. зерг. *Екі-үш-төрт саусақты бірден сұғатын үстіңгі жалпақ бетіне бес жерден асыл тас қондырған жүзік.*

**БЕСҚОНАҚ**[1] зат. этн. **1.** *Байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн.* **2.** *Амал, көктемнің аяқ шенінде өтетін бес-жеті күндік жаңбырлы салқын кез.*

**БЕСҚОНАҚ**[2] зат. мед. *Шешек ауруының жеңіл түрі.*

**БЕСҚҰЛАҚ** зат. зерг. *Ортасына асыл тас орнатып, бес күміс теңгеден жасаған бастырма, тана сияқты әшекей зат.*

**БЕСМҮЙІЗДІ: бесмүйізді қаттыбас.** өс. <лат. sclerotiaria pentaceros> *Шатырғүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БЕСМІЛЛА** од. сөйл. ***Бісміллә.***

**БЕС-ОН** сан. *Бес пен онның арасындағы сан мөлшері, болжалды шама.*

**БЕССА** зат. экон. *Бағалы қағаздардың бағамын немесе тауарлар бағасын төмендетуді мақсат етіп қойған биржалық алып-сатарлық.*

**БЕССАЙЫС** зат. спорт. *Ат жарысы, мылтық ату, жүзу, жүгіруге қатысты спорттың бес түрінен тұратын жарыс.*

**БЕССАЙЫСШЫ** зат. спорт. *Бессайыс спортшысы.*

**БЕССАЛАЛЫ: бессалалы сасық шөп.** өс. *Жапырақтары кезектесіп жарыса орналасқан, төменгі жапырақтары жұмыртқа тәрізді, бес салалы, ортадағылары үш салалы, биіктігі 1,5 метрге жететін, көпжылдық шөп тектес өсімдік.*

**БЕССАУСАҚ**[1] зат. жерг. ***Бесбармақ*** *(асылған ет).*

**БЕССАУСАҚ**[2] зат. ес. <лат. cynodon dactylon> *Астық тұқымдасы қарашағыр туысына жататын өсімдік, салалы қарашағыр.*

**БЕСТАҚА** зат. жерг. *Ер адамдардың өкшесі аласа етігі.*

**БЕСТАС**[1] зат. ойын. *Ұсақ бес таспен қақпақылдап ойнайтын ойын түрі.*

**БЕСТАС**[2] зат. жерг. *Өлген адамның моласының үстіне қойылатын тастар.*

**БЕСТАСПА** зат. этн. *Бес таспадан өрілетін өрім; қамшының бір түрі.*

**БЕСТАСПАЛЫ** сын. *Бестаспадан өрілген.*

**БЕСТАУБАЙ** [ор. вестовой] зат. *Әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін бекітілген қатардағы әскери адам.*

**БЕСТЕМДЕ=** ет. *Шашты немесе т.б. бeске бөліп өрімдеу, бұрымдау.*

**БЕСТЕМДЕУ** *Бестемде етістігінің қимыл атауы.*

**БЕСТЕМШЕ**[1] сын.қолөнер. *Бес бөліп; тарамдап өру түрі.*

**БЕСТЕМШЕ**[2] зат. ойын. ***Бестас.***

**БЕСТЕМШЕЛЕ=** ет. *Шашты, таспаны бестемше етіп тарамдау.*

**БЕСТЕМШЕЛЕУ** *Бестемшеле етістігінің қимыл атауы.*

**БЕСТЕП-ОНДАП** үст. *Бес-бестен, оннан.*

**БЕСТЕР** зат. зоол. *Еділге қортпа мен сүйрік балықтарын өзара қолдан ұрықтандыру арқылы алынған будан балық.*

**БЕСТСЕЛЛЕР** [ағыл. bestseller] зат. **1.** *Сатылымы жоғары кеңінен танымал немесе көп таралымды кітап, басылым.* **2.** *Белгілі бір кезде көп сұранысқа ие болған тауар, қызмет, т.с.с.*

**БЕСТСЕЛЛЕРЛІК** сын. *Бестселлерге қатысты.*

**БЕСТІ** зат. *Бес жасар жылқы.*

**Бесті айғыр.** *Бес жасар ақталмаған жылқы малы.* **Бесті ат.** *Бес жасқа келген үлкен ат.* **Бесті бие.** этн. *Бес жасында құлындаған ұрғашы жылқы малы.* **Бесті бұқа.** *Аталығы әбден жетілген, бес жасқа келген бұқа.* **Бесті қымыз.** этн. *Ашығаннан кейін бесінші тәулікке ауысқан қымыз.*

**БЕСТІ-АЛТЫЛЫ** сан. сөйл. *Бес-алты.*

**БЕСТІДЕЙ** сын. *Бесті сияқты, бесті тәрізді.*

**БЕСТІК** зат. сөйл. *Оқушының білім сапасына қойылатын ең жоғары баға.*

**Бестік шам**. *Онша жарық емес, бесінші номерлі шам.*

**БЕСТІЛІ** сын. *Бесті аттылы, бесті ат мінген.*

**БЕСТІ-ОНДЫ** сан. *Бестеген-ондаған, бес пен онның арасындағы сан шамасында.*

**БЕСІК** зат. **1.** этн. *Қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, баланың кеудесі мен аяғын қаттырақ байлап жатқызатын, дәретін жайдырмау үшін арнайы орнатылған түбегі мен шүмегі бар нәресте бөлеуге арналған ағаш төсек.* **2.** ауыс. *Өскен орта, мекен, ата қоныс.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің ордасы, қайнар көзі.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің тұңғыш шыққан жері.*

**Бесігі төрге шықпаған**. *Ел билемеген, қара тобыр төменгі әлеуметтік топтағы.* **Бесік жапқыш.** этн. *Бөленген сәбиді маса-шыбыннан, желден, күн көзінен, суықтан қорғау үшін бесік үстіне жабылатын, кестелеп тігілген сәнді мата.* **Бесік жая.** *Жаясы бесіктей; үлкен.* **Бесік жыры**. а) этн. *Жас нәрестені жұбатып, алдарқататын сазды ән.* ә) әдеб. *Өлең өрнегі жеті-сегіз буынды тармақтарға негізделетін қазақ балалар фольклорының жанрлық түрі.* **Бесікке бөлеу.** этн. *Емшектегі баланы бесікке жатқызып, орап, құндақтап, шүмек салып, таңып, байлау.* **Бесікке салар**. этн. *Нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі.* **Бесікке салар той.** этн. *Жаңадан туған нәрестені бесікке бөлеу рәсіміне байланысты жасалатын той.* **Бесік құда**. этн. *Ертеде ата- аналардың бесіктегі сәбилерді атастыру арқылы болған құдандалығы.* **Бесік табы кетпеген.** *Әлі балғын, жап-жас, аузынан ана сүті кетпеген.* **Бесіктегі балаға дейін біледі.** *Бүкіл жұртқа мәлім, баяғыдан дағдыға айналды деген мағынада.* **Бесіктен белі шықпаған.** *Қаршадай, кіп-кішкентай, жас.* **Бесіктен танылды.** *Кішкентайынан-ақ белгілі болды, бала кезінен көзге түсті.* **Бесік тұмарлау**. *Тіл көз тимесін деген ырыммен бесікке тұмар тағу.*

**БЕСІКАРБА** зат. *Сәбилерді қыдыртуға арналған қоларба.*

**БЕСІКБАУ** зат. этн. *Ұштары бесіктің екі жанындағы сабау ағаштарға таңылатын, біреуі бөленген сәбидің көкірек тұсынан, екіншісі тізеліктің үстінен түсетін, биязы жүннен тоқылған құр немесе екі-үш қабат матаны сырып, баулары ызылып жасалған тартпа бау.*

**БЕСІКЖАМБЫ** зат. этн. *Бесікке ұқсас құйылған кесек күміс.*

**БЕСІККЕРТПЕ** зат. этн. *Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіріп, қаритын ырым.*

**Бесіккертпе құда**. этн. ***Бесік құда.*** **Бесіккертпе қалыңдық.** этн. *Бесікте атастырылған қалыңдық.*

**БЕСІККЕРТТІ: бесіккертті күйеу.** этн. *Бесікте жатқанда атастырылған күйеу.*

**БЕСІКҚАРУ** зат. этн. *Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіру, қару.*

**БЕСІК-МЕСІГІМЕН** үст. эксп. жағымсыз. *Төсек жабдығымен, төсек-орнымен.*

**БЕСІКПЕШ** зат. жерг. *Қазан орнатпайтын, бесікке ұқсап келген темір пештің бір түрі.*

**БЕСІКСАЛАР** зат. этн. кәде. *Бесікке салу рәсімін орындаған адамға берілетін сый.*

**БЕСІКСІЗ** сын. **1.** *Бесігі жоқ, құндақсыз.* **2.** ауыс. *Баласыз, сәбисіз.*

**БЕСІКТЕЙ** сын. **1.** *Бесікке сияқты, бесік тәрізді.* **2.** ауыс. *Ұшқан ұядай.*

**БЕСІКТОЙ** зат. этн. *Бесікке салар той, нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын ғұрыптық салтанат.*

**БЕСІКТІ** сын. **1.** *Бесігі бар.* **2.** *Балалы, сәбилі, құндақты.*

**Бесікті мотоцикл**. *Жан-жағы қоршаулы, отыруға ыңғайлы қорабы бар көлік.*

**БЕСІКШЕ**[1] зат. *Шағын бесік.*

**БЕСІКШЕ**[2] үст. *Бесікке ұқсап, бесік сияқты.*

**БЕСІН** [ир. پیشین] зат. *Түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт, мезгіл, уақыт.*

**Бесін ауды [еңкейді].** *Уақыт бесін мезгілінен өтті.* **Бесін намазы.** діни. *Тал түс ауғаннан бастап, көлеңке заттың өзінен екі есе ұзарғанға дейінгі аралықта оқылатын мұсылманның бес уақыт парыз намаздың бірі.*

**БЕСІНДІ** сын. сөйл. ***Бесін.***

**БЕСІНДІК** зат. *Бесін мезгілі, сол уақыт аралығы.*

**БЕСІНШІ** сан. *Бес санының реттік түрі.*

**БЕТ** зат. **1.** *Бастың алдыңғы жағы, жүз, дидар.* **2.** *Бет сүйек пен жақ сүйектің арасындағы ет, беттің ұшы.* **3.** анат. <лат. faciei> *Мұрын, ауыз, иек, көзшара, көзшарааcты, ұрт, жақ аймақтарынан тұратын адамның басының бір бөлігі.* **4.** *Адамның өзіндік түрі, түс-келбеті, өң, түр, шырай.* **5.** *Бір нәрсенің үстіңгі жағы, жоғарғы қабаты.* **6.** *Өзен, көл, дария т.б. жоғарғы жағы.* **7.** *Таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі.* **8.** *Жақ, түс.* **9.** *Кітап-дәптер, газет парағының әрбір жазылатын жағы.* **10.** инф. <ағыл. page> *Компьютердегі виртуаль адресі бар белгілі бір ұзындықтағы блок.* **11.** геом. *Арнаулы тәсілмен анықталатын нүктелер жиыны.* **12.** ауыс. *-ған/-ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, жатыс септігінде тұрып, амал-әрекетінің алғашқы шағын білдіреді.* **13.** ауыс. *Белгілі бір бағыт, бағдар, беталыс.* **14.** ауыс. *Жай, жай- жапсар.* **15.** ауыс. *Қаһар, айбат, сұс.* **16.** ауыс. *Түрі, ыңғайы. // Адам, кісі деген мағынада.*

**Бет ажары.** *Әдетте адамның келісті, көрікті түрі, кескіні, кейпі деген мағынада.* **Бет алды.** а) *Бағыт ұстады, нысанаға алды, беттеді.* ә) *Ниеттенді, мақсат етті.* **Бет ауған жаққа.** *Белгісіз жаққа, беталды.* **Бет аударды.** *Беталысын өзгертті, беттеді.* **Бет аудармады**. *Түп-тура шықты, айнымады, жаңылмады.* **Бет ашысты.** а) *Шындап сөйлесті, шешіле пікірлесті, ақтарылысты.* ә) *Ұрсысты, ренжісті, өкпелесті.* **Бет әлпеті.** а) *Бет-пішін, түр-түс, кескін-келбет.* ә) *Беталыс, бағыт-бағдар.* **Бет әлпі.** сөйл. ***Бет әлпеті.*** **Бет бағдары.** *Беталысы, бағыты.* **Бет бақтырмады [бақтырар емес]**. а) *Бой бермеді, мұршасын келтірмеді.* ә) *Маңайлатпады, беттетпеді, жолатпады, шыдатпады.* б) *Көнбеді, айтқанға құлақ аспады.* в) *Сөйлетпеді, аузын аштырмады.* **Бет бар ма.** *Кісінің бетіне қарай алатын, бір нәрсе істей алатын жай жоқ, абыройдан, ар-ұяттан жұрдай деген мағынада қолданылатын сөз.* **Бет берді.** а) *Беттеді, ниеттенді, бел байлады.* ә) *Біреуді қоштады, ниеттес болды.* **Бет бояу**. *Өтірік айту, алдау.* **Бет бұрды.** а) *Ыңғай көрсетті, қарады.* ә) *Бағытын өзгертті, беттеді.* б) *Теріс қарады, сырт айналды, жалтарды.* в) *Ұнатпады, жақтырмады.* г) *Тайсалды, қашты.* ғ) *Мойынсұнды, торықты, түңілді.* д) *Райынан қайтты, айныды, өзгерді.* е) *Ниеттенді, мақсат етті.* ж) *Ден қойды, көңіл бөлді.* з) *Басын ала қашты.* **Бет бұрдырмады.** *Жалтартпады, бетіне басты.* **Бет бұру.** а) *Көңіл бөлу, ниет қою.* ә) *Жалтару, теріс қарау, сырт айналу.* **Бет бүркеншік етті.** *Бүркеніш ету, сылтаурату.* **Бет біткеннің сұлуы.** *Өте әдемі, ажарлы, көрікті.* **Бет дүзеді**. *Беттеді, жолға шықты.* **Бет жоқ**. *Ешкімге қарай алмаймын, ар ұяттан жұрдай болдым деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Бет жырту.** этн. а) *Қазақтың ескі әдеті бойынша кісісі өліп, қатты күйінгенде әйелдердің бетті тырнап, жылау әдеті.* ә) *Әбден көңілін қалдырды, қатты өкпелетті.* **Бет жыртысты**. *Өкпелесті, араздас ты, ренжісті, ұрсысты.* **Бет жыртысу.** *Реніш, өкпе, қарсыласу.* **Бет каталогы.** инф. <ағыл. page directory> *Элементтері беттер кестесінің дескрипторы болып табылатын мәліметтер құры-*

лымы. **Бетке айтты.** *Ойын тура, көзбе-көз айтты, жасырмады, бүкпеді.* **Бетке алды.** *Белгілі бір жаққа қарай жүрді, бағыт ұстады.* **Бетке бөлу.** инф. *Құжатты қайта нөмірлейтін, бет нөміріне сілтемелерде тиісті автоматты өзгертулерді жүзеге асыратын пішімдеу сатысы.* **Бетке былш еткізді.** *Бетің бар, жүзің бар демей айтып салды.* **Бетке дақ [таңба] салды.** а) *Жараланды, жарақат түсті.* ә) *Масқаралады, намысын аяққа бастырды.* **Бетке қан жүгірді.** *Реңі кірді, ажарланды, шырайланды.* **Бет келген.** *Қарсы келген, наразылық білдірген.* **Бетке салық қылды [етті].** *Бетіне басты, табалады, айыбын алдына көлденең тартты.* **Бетке соқты.** *Кемшілігін көзіне айтты, бетіне басты, табалады.* **Бет кестесі.** инф. *Виртуаль жадтың қадағалауышы пайдаланатын кес те.* **Бетке түкір.** *Бір ісі не сөзі дұрыс болмаса, масқаралауы, ұялтуы әбден орынды болады деп серттесуді білдіретін сөз.* **Бетке түкірді.** *Табалады, масқаралады.* **Бетке ұн жағу.** этн. *Қазақ халқының құдаласу, құда болу салты кезінде жасалатын ырым.* **Бетке ұстады.** а) *Белгілі бір жаққа бағыт ұстады, нысанаға алды.* ә) *Желеу етті, сылтауратты.* б) *Паналады, жасырынды.* в) *Сүйеніш етті, тірек етті.* **Бетке ұстатты.** *Үлгі етті, бағытқа алды.* **Бетке [сүтке] шығар.** *Ең таңдаулы, жақсы.* **Бетке шықты.** *Көзге түсті, көрінді.* **Бетке шіркеу болды [қылды, келтірді].** *Ұятқа қалдырды, масқара болды.* **Бет көргісіз болды.** *Көрмейтіндей болды, ренжісті, араздас ты.* **Бет [жүз] көрісу.** *Дидарласу, амандасу, жүздесу, жолығысу.* **Бет қайтарды [қайырды].** *Көңіліне қарамады, қарсы келді.* **Бет қаратпады.** а) *Қатты суытты, ұскірік аяз болды.* ә) *Бас алдырмады, бұрылтпады, тоқтатпады.* б) *Аузын аштырмады, сөйлетпеді.* **Бет қойды.** а) *Бағыт ұстады, беттеді.* ә) *Ниет етті, ыңғай білдірді, бейімделді.* б) *Араласты, жымдасты.* **Бет құда.** жерг. *Ержеткен ұл, бойжеткен қыз болса, ата-аналары сол ауылдың мән-жайына қанық бола келіскен құдалар.* **Бет моншағы үзілді [түсті].** *Ұялды, батылы бармады, кісіге тіктеп қарауға жүзі шыдамады.* **Бет параметрі.** инф. <ағыл. page setup> *Басылымға дайындалатын қағаз бетінің пішімін анықтайтын параметрлер жиынтығы.* **Бет пішіні.** *Кескін, келбет.* **Бет сипады.** а) этн. *Игі тілек айтып, бата берудің соңында орындалатын рәсім – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* ә) діни. *Дұға оқу, Құран сүрелерін бағыштау сияқты рәсімнің соңында оны бекіту мақсатымен орындалатын жайылған қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* б) этн. *Дастарқандағы дәм-тұзға, дастарқан иесіне арналып оқылатын дұға, айтылатын игі тілек соңынан орындалатын бекіту рәсімі – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишаратын жасады.* **Бет сипау.** этн. *Тілек айтудың, дұға, Құран сүрелерін оқудың ерекше формасы, қазақ халқының ұлттық этикет, салт-дәстүрінің бірі ретіндегі бата берудің соңында орындалатын рәсім – қос алақанымен бетінен жүргізу қимыл-ишараты.* **Бет соңы.** инф. <ағыл. page break> *Құжат бетінің соңын белгілейтін нүктелік немесе үзік-үзік түзу сызықтар.* **Бет сүйегі** биол. <os zygomaticum, лат. Os – сүйек, zygomaticum – бет> *Бассүйектің бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек.* **Бет таппады.** *Оңбады, дұрыс болмады.* **Бет тарту** қолөнер. *Киіздің оң жағына арналған негүрлым таза, әдемі жүнді сол қолымен уыстап алып, шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып үзіп қалдыру.* **Беттен алды.** а) *Қарсы келді, аузын аштырмай тілдеді қарсыласты.* ә) *Ұрысты, ренжіді.* **Беттен алып, жағаға жармасты.** *Қарсы келді, ренжісті, ұрысысты, қарсыласты.* **Беттен таймады.** *Өзгермеді, айнымады.* **Беттер теориясы.** геом. *Дифференциалдық геометрияның беттің қасиетін зерттейтін саласы.* **Бетте таңба қалды.** *Масқарасы шықты,өмір бойы бетке шіркеу болады.* **Бет топырағы жасырылған жоқ.** *Қайтыс болғанына көп уақыт өткен жоқ, ізі суымаған.* **Бет түзеді.** а) *Бағыт ұстады, беттеді.* ә) *Ниеттенді, мақсат етті.* б) *Алмасты, бет алды, өзгерді.* **Бет тырнады.** а) этн. *Байырғыдан қалған дәстүр бойынша (ері, әкесі) өлген әйел адамның қатты қайғыдан қапаланып, бетін тырнап жаралауы.* ә) *Ашуланды, ренжіді, қатты батырып, тигізіп айтты.* **Бет тырнасу.** *Ренжісу, таласып-тартысу, жүз шайысу.* **Бетті [беттен] басты.** а) *Қатты ұялуды, қысылуды білдіретін қолын бетіне қою қимыл-ишараты.* ә) *Безді, қашты, жоламады.* **Бетті елге, арқаны жерге тапсырды.** *Аманат етті.* **Бетті ентаңбалау режимі.** инф. <ағыл. page layout word> *Құжат қағазға басылғанда қандай болса, экранда дәл солай кескінделетін режім.* **Бетті жуды.** а) *Қатты терлегеннен не жылағаннан бетін тер, көз жасы жуып кетті.* ә) *Күдер үзді, түңілді.* **Бетті қаралады [күйеледі].** *Кінә тақты, жала жапты, айыпты санады.* **Бетті қаттау.** инф. <ағыл. page makeup> *Мәтіндік немесе графикалық материалдың басылатын бетте белгілі бір ережелерге сәйкес орналасуы.* **Бетті қызартты.** *Бетіне басты, ұялтты.* **Беттің ажырауы.** инф. *Бір бет аяқталып, келесі бет басталатын аралық.* **Беттің арын белбеуге түйді.** а) *Тәуекелге бел байлады.* ә) *Ұялмады, шімірікпеді.* **Беттің арын бес төкті.** *Әбден масқарасы шықты, қиналды.* **Беттің арын қашырды.** *Ұялмады, именбеді.* **Беттің қызылы.** *Беттің шырайы, көркі.* **Беттің тотығуы.** хим. *Бұйымның бет жағында оттектің металмен әсерлесуі.* **Беті ауған жақ.** *Беталды, көрінген жер.* **Беті ауған жоқ.** *Бағытынан таймады, айнымады, алған бетінен қайтпады.* **Беті ауды.** *Бұрылды, бағытталды.* **Беті аулақ.** *Құдай көрсетпесін, маңайлатпасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Беті ашылды.** а) *Өмір көрді, жақсы-жаманды басынан кешірді.* ә) *Қыз бала абыройынан айырылды.* б) *Еті үйренді, дағдыланды.* в) *Қысылып-қымтырылмайтын болды, батылданды.* **Беті барда.** *Өңді, ажарлы, көрікті кезде.* **Беті бері қарады.** а) *Аурудан айыға бастады, сауықты.* ә) *Райдан қайтты, ашуы тарады, айтқанға көнді.* **Беті беттеді.** *Жақындады, ыңғай танытты.* **Беті [бет-аузы] бұлаудай.** *Көп жылағандықтан беті ісіп кеткен.* **Беті бүлк [шылп, былш] етпеді [етер емес].** *Беті шімірікпеді, ұялмады, безеріп, бедірейіп тұрды.* **Беті [бет-аузы, аузы-басы] даладай қан.** *Қызыл ала қан, қан-жоса.* **Беті ду етті [дуылдады].** *Ұялғаннан беті қызарды.* **Беті жапырылды.** *Беті қайтты, жеңілді.* **Беті жап-жалпақ.** *Жақ сүйегі жалпақ, бет көлемі кең, табақтай.* **Беті жарық.** *Беделі үстем, жүзі жарқын.* **Беті желге тимеді.** *Қиыншылық көрмеді, қиналмады.* **Беті жоқ.** *Айыпты, кінәлі, ұятты.* **Беті кесілгір.** қарғ. *Ар-ұяттан айырылып, қара бет болғыр, ұятың төгілгір деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Беті күйді.** *Ұятқа батты, ел бетіне қарағысыз болды.* **Беті күрең тартты.** *Сұрланды, қызарды.* **Беті қайтты.** а) *Тауы шағылды, көңілі қалды.* ә) *Бәсеңдеді, қарқыны басылды.* б) *Айныды, өзгерді.* в) *Соққы жеді, тойтарыс көрді.* **Беті қалың.** *Шімірікпейтін, ұятсыз адам туралы.* **Беті қаралы.** *Қасіретті, қайғылы.* **Беті қатты.** *Екпінді, қарқынды, қаһарлы, ызалы.* **Бетім бар.** *Түрім бар, жағдай осылай деген мағынада.* **Бетімен кеткендік.** *Тәрбиесіздік, тәртіпсіздік.* **Бетімен кетті [жүрді, жайылды].** а) *Басы ауған жаққа кетті, беталды жүрді, лағып кетті.* ә) *Қайырусыз жіберді, тыйым салмады, қадағаламады.* б) *Қарсылық көрмеді, еркеледі.* // *Қалай болса солай, ретсіз.* **Бетімен қоя берді [жіберді].** *Қадағаламады, ерік беріп қойды, жөнге салмады.* ә) *Қысқартпады, күземеді (сақал туралы).* **Бетін айдай қылды.** *Масқаралады, кінәсін бетіне басып, ұялтты.* **Бетін ары қылсын.** тілек. *Аулақ етсін, болмасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Бетін [жүзін] аудару.** *Жұрттың назарын өзіне не басқаға қарату.* **Бетін аулақ ет [қыл].** *Жаман іс, жаман қылыққа жолата көрме, жақындатпа.* **Бетін ашты.** а) этн. *Жаңа түскен келінді той үстінде «Беташар» айтып, қайын жұртымен таныстырып, бетіне жапқан орамалын алып, жүзін көрсетті.* ә) *Белгілі болды, айқындалды.* б) *Істі жаңадан бастады, бастаушысы болды, қалыптастырды.* в) *Жариялады, жайып салды.* **Бетін басты.** *Қатты ұялғаннан ешкімге қарай алмай, бетін қолымен жапты.* **Бетіне бедер түсті.** а) *Таңба салды, дақ түсірді.* ә) *Әжімденді, қартайды.* **Бетін бері қаратты.** *Айтқанына көндірді, иландырды, өз пікірін тыңдатты.* **Бетін бүркеді.** фольк. *Қайтыс болды, дүние салды.* **Бетін білдірді.** *Ойын айтты, ниетін, ыңғайын білдірді, жөнін көрсетті.* **Бетінде қан-сөл жоқ.** *Сұп-сұр, жүдеу.* **Бетінде тамшы қан қалмады [жоқ].** *Жүдеді, ажары тайды.* **Бетінде ұялатын қаны болды.** *Ұяты бар, намысты.* **Бетіне адам қарағысыз етті.** *Абыройын төгіп, масқаралады.* **Бетіне басты.** *Өрескел қылықты салық етті, кінәсін өзіне айтып ұялтты.* **Бетіне былш еткізді.** *Көңіліне қарамай айтып салды, көзіне айтты.* **Бетіне ешбір жанды үндетпеді.** *Қамқор болды, ара тұрды, ешкімге ренжіттірмеді.* **Бетіне жан [ешкім] келмеді.** а) *Ешкім қарсы шықпады, қарсыласпады, айтқанын істеді.* ә) *Қаһарлы, айбынды, адуынды болды.* **Бетіне жібермеді.** *Еркіне жібермеді, қадағалады.* **Бетіне [қарсы, тік] келді.** *Қарсы келді, айтқанына көнбеді, қарсыласты.* **Бетіне [қара] күйе [кір] жақты.** а) *Ұятқа қалдырды, масқаралады.* ә) *Жала жапты, айыптады.* **Бетіне кіреуке болды.** *Ұятқа қалдырды.* **Бетіне қан жүгіртті.** *Еліктірді, жан бітірді, қуантты.* **Бетіне қан тепті.** *Беті қызарып албырады.* **Бетіне [жан] қарамады.** а) *Аямады, бетің бар, жүзің бар демеді, айбынды, адуынды болды.* ә) *Қарсы келмеді, айтқанын орындады.* **Бетіне қызылы шықты.** *Ұялғаннан, қысылғаннан екі беті алабұртып, қызарып кетті.* **Бетінен алдырды [алғызды].** *Айтақтады, араға түсті.* **Бетінен арын төкті.** *Ұялтты, ұятқа қалдырды.* **Бетінен аулақ.** тілек. *Құдай көрсетпесін, маңайлатпасын деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Бетінен басты.** *Бір нәрсені жасауға не бір жерге баруға мүлде құлқы болмады, азарда-безер болды.* **Бетінен боздағы шықты.** *Өңі қашты.* **Бетінен жарылқасын.** тілек. *Жолы оң болсын, мақсаты орындалсын, ісі оңға бассын.* **Бетінен иманы тамған.** *Әділетті, инабатты, жүзі жылы, көңілі таза (адам).* **Бетінен қайтпады.** *Алған бағытынан таймады; айтқанында тұрды, айнымады.* **Бетінен қақты.** *Ұрысты, қарсы келді, зекіді, тоқтатты.* **Бетінен қаны қашты.** *Өңі бұзылды, құқыл тартты, сұрланды.* **Бетінен қанын қашырды.** *Ренжітті, кейітті, ашуландырды.* **Бетінен [екі бетінің] қаны тамды.** *Шырайланды, ажары кірді, өңі кірді.* **Бетінен мөрі тамған.** *Бет моншағы үзілген.* **Бетінен қапты.** экспр. *Қарсы шығып, қатты сөйледі.* **Бетінен оты шықты.** *Қатты

*қысылып, қызарып кетті.* **Бетіне нұр жүгірді.** *Қуанды, риза болды, ажарланды.* **Бетінен шықты.** *Асты, сыймады.* **Бетінен шырын тамған.** *Өңі балбыраған, қызыл шырайлы.* **Бетіне оттай басылды.** *Жылы ұшырады, жақын көрініп кетті.* **Бетіне салық болды.** *Ұят болды, табалауға негіз болды.* **Бетіне салық етті.** *Мінін, кемшілігін көзіне айтты, кінәлады, бетіне басты.* **Бетіне тура қарамады.** *Жасқанды, қаймықты, жүзін тайдырды.* **Бетіне түкірді.** *Жеккөрініш, жиреніш білдірді.* **Бетіне шыжғырып басты.** *Көзінше айыптады, көзіне шұқылады, мінін бетіне айтты.* **Бетіне [бет] шіркеу болды.** *Бір нәрсенің кесірінен әр кез ұятқа батты.* **Бетін [екі бетін] жаспен [көз жасы] жуды.** *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* **Бетін [жүзін] жасырды.** *Қайтыс болған адамды асығыс жерлеу.* **Бетін жел қақпау, маңдайын күн шалмау.** *Ешбір қиындық, бейнет көрмеу.* **Бетін жұмсартты.** *Ашуын қайтарды, райынан қайтарды.* **Бетін жыртты.** а) *Ойбайлады, жылады, зарлады, өз бетін өзі тырнады.* ә) *Сөзге келді, ұрсысты, жұз шайысты.* б) *Әшкереледі, анықтады, ашты, айқындады.* **Бетін көрмеді.** *Енді қайтып жоламады, кездеспеді, жолықтырмады.* **Бетін көрсетті.** *Таныта алды, айқындады, білдірді.* **Бетін кірбің шалды.** *Жүзінде көңілсіздік білінді.* **Бетін қайырды [қайтарды].** а) *Қарқынын басты, меселін қайтарды, тыйым салды, басып тастады.* ә) *Тойтарыс берді, соққы берді.* **Бетін қайтару.** *Аурудың асқындырмау, тоқтату.* **Бетін қайт қылған жоқ.** *Көңілін қалдырмады, меселін қайтармады.* **Бетін [бетінен] қаққан жоқ [қақпады].** а) *Тыйым салмады, қарсы болмады.* ә) *Еркін өсірді, еркелетті.* **Бетін [басын] құбылаға берді.** *Жүзін (басын) құбыла жаққа, күннің батысына қарай түзеді.* **Бетін шымшыды.** *Өрескел қылыққа ұялғандықтың, не қатты өкінгендіктің белгісі ретінде байырғы қазақ әйелдерінің бетін шымшып көрсетуі.* **Бетінің кірі бес батпан [елі].** *Тым лас, өте былғаныш.* **Бетінің қаны қашты.** *Боп-боз болып сұрланды, өңі қашты; жүдеді, қорықты.* **Бетің бар, жүзің бар демеді.** *Көңілге қарамай, турасын айтты, тайсалмады, қаймықпады.* **Бетің күйгір.** қарғ. *Карабет болғыр, ар-ұяттан ада болғыр деген мағынада.* **Беті түзелді.** *Дұрысталды, оңалды, ісі, оңға басты.* **Беті түзу.** *Алған бағыты дұрыс.* **Беті тілінгір.** қарғ. *Ең жақын адамыңнан айырылып, қасірет тарт деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Беті шиқандай.** *Екі бетінің ұшы қызыл, бетінің қаны тамған.* **Беті шыдамады.** *Дәті жетпеді, ар-ұяты бармады, ұялды.* **Беті [бет-аузы] шылп етпеді.** *Беті бүлк етпеді, ұялмады, қысылмады.* **Беті шімірікпеді [шіміріккен жоқ].** *Міз бақпады, ұялмады, қысылмады.* **Беті шіркеуленді.** *Жүзі шыдамады, ұялды, ыңғайсызданды.* **Беті шіркеулі.** *Ұялған, ыңғайсызданған.*

**БЕТА-БӨЛШЕК** зат. физ. *Бета ыдырау кезінде атом ядросынан бөлініп шығатын электрондар мен позитрондар.*

**БЕТ-АЖАР** зат. *Адамның бет-пішіні, жүзі.*

**БЕТА-КОЭФФИЦИЕНТ** зат. қаржы. *Жеке құнды қағаздар бағасының динамикасына, рыноктағы бағалы қағаздардың жалпы жағдайына тигізетін әсерін сипаттайтын көрсеткіш.*

**БЕТАЛДЫ** үст. **1.** *Босқа, бекерге, текке.* **2.** *Жөнсіз, орынсыз.* **3.** *Кез келген жақ, белгісіз жақ.* // *Кім көрінген, бөтен, белгісіз біреу.*

**БЕТАЛДЫНА** үст. сөйл. ***Беталды.***

**БЕТАЛЫС** зат. **1.** *Бет алған жақ; біреудің немесе бір нәрсенің райы, ниеті, ыңғайы.* **2.** *Ұстаған жолы, нысанасы.* **3.** *Істелетін істің басы, бастамасы.*

**БЕТА-СПЕКТРОМЕТР** зат. физ. *Конверсиялық электрондар мен позитрондардың энергетикалық үлестірілуін (спектрін) өлшеуге арналған құрал.*

**БЕТАТРОН** [грек. beta – грек әліпбиінің екінші әрпі, elektron – тұрақты элементар бөлшек] зат. физ. *Циклді электрон үдеткіш.*

**БЕТ-АУЗЫ** зат. **1.** *Бет құрылысы, бет пішіні.* **2.** ауыс. *Кескін, келбет.* **3.** ауыс. *Түрі, ыңғайы, райы.* **4.** ауыс. *Сыртқы жағы, сырт пішіні.*

**Бет-аузы бүлк етпеді.** *Ұялмады, ыңғайсызданбады.* **Бет-аузы бір уыс болған.** *Бет-әлпеті кішірейіп, жүдеп, шөкімдей болып қалған.* **Бет-аузы даладай қан.** *Қызыл ала қан, жараланған.* **Бет-аузы дала-дала.** *Үсті-басы, денесі тілім-тілім болып, далау-далауы шыққан.* **Бет-аузы [-ның] дал-далы [дала-даласы] шыққан.** *Әбден соққы жеген, қажыған.* **Бет-аузы жылтыраған.** экспр. жағымсыз. *Сырт көзге жақсы болып көрінген.* **Бет-аузы көнектей [дорбадай] боп істі.** *Беті әбден істі, бет-әлпеті үлкейіп кеткен.* **Бет-аузы қатпарланған.** *Бетін әжім басқан, бетіне әжім түскен.* **Бет-аузы қисаймады.** *Ұялмады, қызармады.* **Бет-аузына қылтанақ бітіп көрмеген.** *Көсе, сақал-мұртсыз адам.* **Бет-аузынан оқылды.** *Кескін-келбетінен анық байқалды.* **Бет-аузын қан [қан жоса] қылды.** *Ұрып-соқты, қанға бояды.* **Бет-аузын [жүз] құбылтты.** экспр. жағымсыз. *Бір нәрседен жалтарып, қашқақтап бір қызарып, бір сұрланды, не айтарын білмеді.* **Бет-аузын тыжырды [тыржың еткізді].** *Жақтырмаудың, ұнатпаудың нышанын танытатын мұрнын тыжыру ишаратын жасады.* **Бет-аузын түзеді.** *Сыланып-сипанды, сәнденді.* **Бет-аузы су көрмеген.** *Жуынбаған, лас, кір.* **Бет-аузы шиқандай.** экспр. жағымсыз. *Қатты бояныл алған.* **Бет-аузы шылп етпеді.** *Ұялмады, ыңғайсызданбады.* **Бет-аузы шімірікпеді.** *Ұялмады, қызармады, ыңғайсыздық танытпады.*

**БЕТАШАР[1]** зат. этн. *Жырау не ақын шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй-ішін, қайын жұртын таныстырып, олардың беделін, қадыр-қасиетін термелеп айтып, әрқайсысына сәлем жасататын, аттары аталған адамдар мал-мүлік, ақшалай заттай сыйлық беретін қазақ халқының ұлттық салт рәсімі.*

**БЕТАШАР[2]** зат. **1.** этн. *Дәстүр бойынша жаңа түскен келіншектің бетін ашқанда айтылатын мазмұны қайын жұртпен таныстыру, сәлем салдыру, үлкендерден көрімдік сұрау, келінге насихат айту желілерінен тұратын өлең.* **2.** ауыс. *Кіріспе, бастама.* **3.** ауыс. *Алғашқы қадам, бастама.*

**БЕТА-ЫДЫРАУ** зат. физ. *Атом ядросының ішінде нейтронның протонға және протонның нейтронға өздігінен айналу процесі.*

**БЕТБАҚ** сын. сөйл. ***Бетпақ[1].***

**БЕТБАҚ** зат. сөйл. ***Бетпақ[2].***

**БЕТБАҚТЫҚ** зат. сөйл. ***Бетпақтық.***

**БЕТ-БӘДЕН** зат. жерг. *Бет-әлпет.*

**БЕТ-БЕДЕЛ** зат. *Ықпал, абырой.*

**БЕТ-БЕДЕР** зат. **1.** *Бейне, көрініс, кескін-келбет.* **2.** геогр. *Жердің сыртқы қабатының кескіні.* **3.** *Бедел, абырой.*

**БЕТ-БЕЙНЕ** зат. **1.** *Бет-пішін, бет-әлпет, кескін, түр-нұсқа.* **2.** ауыс. *Бағыт, бағдар, мақсат.* **3.** жаңа. [ағыл. *image*] *Белгілі бір объектіге деген көзқарасты тудыру үшін қоғами немесе жеке әлеуметтік санадағы бұқаралық ақпарат құралдарының әсерімен, яғни пиар, үгіт-насихат, жарнамалар арқылы қалыптасқан жасанды образ.*

**БЕТБЕЛГІ** зат. инф. *Мәтіндік файлдарда белгілі бір бетті, ондағы орынды немесе бөлімді, негізгі бағдарламадағы жолды, мәліметтер базасындағы жазбаны кейіннен қайта оралу үшін бір мағыналы түрде анықтайтын белгілем.*

**БЕТ-БЕТКЕ** үст. *Жан-жаққа, алды-алдына.*

**БЕТ-БЕТІМЕН** үст. **1.** *Әркім өз бетінше, жан-жаққа, беті ауған жаққа.* **2.** *Шашырап, бірікпей, келіспей.* **3.** *Бақылаусыз, қадағалаусыз, тексерусіз.* **4.** *Мақсатсыз, бекерге, бос.*

**БЕТ-БЕТІНЕ** үст. *Әрқайсысы әр жаққа, өз бетінше.*

**БЕТБҰРЫС** зат. *Жаңа бағыт, соны өзгеріс, жаңаша беталыс.*

**БЕТ-ӘЛПЕТ** зат. *Бет-ажар.*

**БЕТДҰҒА** зат. діни. қарғ. *Біреуге жамандық тілеп жасалған дұға, қарғыс.*

**БЕТДҮЗДІК** зат. сөйл. ***Бетжүздік.***

**БЕТЕГЕ[1]** зат. **1.** *Малға жұғымды ақ селеу, ырбық, аласа шөп.* **2.** өс. <лат. festuca> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер тұысы.*

**Бетеге ауруы.** мед. <грек. echinos – кірпікшешен, kokko – дән> *Эхинококк тудыратын адам мен сүтқоректілерде болатын ішек-құрт ауруы.* **Бетегеден биік, жусаннан аласа.** *Момын, жуас, момақан.*

**БЕТЕГЕ[2]** зат. мед. *Қан сарысуының іш қуысына сарқылып жиналуы.*

**БЕТЕГЕБОЗ** зат. өс. <лат. stipa lessingiana> *Астық тұқымдасы қау туысына жататын көпжылдық өсімдік.*

**БЕТЕГЕДЕЙ** сын. *Бетеге сияқты, бетеге тәрізді.*

**БЕТЕГЕЛІ** сын. *Бетегесі қалың, мол.*

**БЕТЕГЕСІЗ** сын. *Бетеге өспейтін, бетегесі жоқ.*

**БЕТЕР** үст. *Әрмен, әрі.* // *Ауыр, жаман, қиын.*

**БЕТЕСЕП** зат. экон. *Қаржы операцияларын орындаушы субъектінің басқа заңды тұлға мен жеке тұлғаға беретін нөмірі, коды.*

**БЕТЖАРҒАҚ** зат. *Түйе бетінің сүйексіз бөлігі.*

**БЕТЖАПҚЫШ** зат. *Заттың, нәрсенің бет жағын жауып қоюға арналған, матадан жасалған жабынды.*

**БЕТ-ЖҮЗ** зат. **1.** *Бет-бейнесі, түр-тұрпаты, кескін-келбеті.*

**Бет-жүзге қарамады.** *Көңілге қарамай батыл, ашық айтты.* **Бет-жүзі [бар] демеді.** *Ойын бүкпей, тура айтты.*

**БЕТЖҮЗДІК[1]** зат. зерг. *Темір бетіне қақталған жұқа күміс.*

**Бетжүздік қылды.** *Ерекше нәрсесін көрсетті, таң қалдырды.*

**БЕТЖҮЗДІК[2]** **1.** көне. *Сыйлық, тарту (көбіне алғаш рет ресми көріскені үшін беріледі).* **2.** зат. ауыс. *Жаңа, ерекше, біркиер зат, нәрсе.* **3.** ауыс. *Бетке ұстар, үлгі етер адам, бапталған ат, біркиер киім.*

**БЕТКЕЙ** зат. **1.** *Таудың құлама жағы, төскейге қарсы бір беті.* **2.** геогр. *Жер бетіндегі және су астындағы табиғи объектілерде сыртқы және ішкі процестер нәтижесінде қалыптасатын еңіс бет.* **3.** кен. *Карьердің шектелу бүйірі, яғни қиябеттер мен кертпештер алаңы.*

**Беткей ағындысы.** геогр. *Құламалы жерлерде табиғи сулардан пайда болатын ағындылар.* **Беткейдің шайылуы.** сушар. *Топырақтан жасалған имарат беткейлерінің су тасуы салдарынан бұзылуы.* **Беткейді террасалау.** геогр. *Беткей бедерін эрозиядан қорғап, ауылшаруашылығы дақылдары мен орман ағаштары үшін тиімді пайдалану мақсатында қолдан ыңғайлы жер бедерлерін жасау.* **Беткейді шалғындандыру.** сушар. *Тоған, су*

*қоймаларының, гидротехникалық имараттардың жақтаулары беткейлеріне шөп егу арқылы шым қыртысын бекіту әдісі.* **Беткейді шегендеу.** с у ш а р. *Тоғанның жақтауы мен табанын бекіту.* **Беткей қорғау орманы**. г е о г р. *Тік беткейлерде сумен шайылудан және эрозияның басқа түрлерінен қорғайтын табиғи немесе егілген орман өсімдіктері.* **Беткей мұрын.** *Шығыңқы емес, тегіс мұрын.* **Беткей экспозициясы**. г е о г р. *Күн сәулесінің беткейге түсуі немесе беткейдің тұрақты ауа ағысына қарай бағытталуы.* **Беткей эрозиясы.** г е о г р. *Еңісті, құламалы жер бедерінің бұзылуы.*

**БЕТКЕЙДЕЙ** с ы н. *Беткей сияқты, беткей тәрізді.*

**БЕТКЕЙЛЕ=** е т. *Бөктерлеу, көлбейлеу.*

**БЕТКЕЙЛІ** с ы н. *Бөктерлі, беткейі бар.*

**БЕТКЕЙЛІК** с ы н. *Беткейге қатысты, беткейге тән.*

**Беткейлік ағынды.** с у ш а р. *Беткей шегінде қалыптасатын, арнасыз, жер бетіндегі және топырақ ағындысы.* **Беткейлік батпақтар.** с у ш а р. *Минералды тұздар аз болатын, негізінен, атмосфералық жауын-шашынмен қоректенетін батпақ түрі.* **Беткейлік мөлшер.** к е н. *Геологиялық шекаралары анық емес және кендену әркелкі кенорындарын барлау, қорларын анықтау кезінде пайдалы құрам-бөлік мөлшерінің төменгі деңгейі.* **Беткейлік топырақтың шайылуы.** с у ш а р. *Беткейлік топырақ эрозиясының бір түрі.*

**БЕТКЕЙШӨП** з а т. ө с. *Тау беткейлерінде өсетін көп бұтақты, бойы биік, ірі өсімдік, тауқурай.*

**БЕТ-КЕЛБЕТ** з а т. *Бет-әлпет, кескін-кейіп, өң.*

**БЕТКЕЛДІ** ү с т. с ө й л. ж е р г. *Бет алды (кім көрінген, бөтен, белгісіз).*

**БЕТКЕТҮСЕР** с ы н. с ө й л. ***Беткеұстар.***

**БЕТКЕҰСТАР** с ы н. *Таңдаулы, беделді, білікті (адам).*

**БЕТКЕШЫҒАР** с ы н. *Іріктелген, сұрыпталған, екшелген.*

**БЕТКІ** с ы н. *Жоғарғы, үстіңгі, сыртқы.*

**Беткі қабаттың ойсырауы.** к е н. *Кен қазу нәтижесінде жер бедерінде пайда болатын ойыстар.*

**БЕТҚАҒАЗ** з а т. т а р. *Ортағасырлық шығыс елдерінде құжаттың бірінші бетіне оның ерекше мәнді екенін білдіру үшін қойылған белгі.*

**БЕТҚАҚПАЙ** з а т. *Баланың еркі мен қалауын тәртіпке салушылық, бетімен жібермеушілік.*

**БЕТҚАҚПАЙЛАМА=** е т. *Еркіне өсіру, көп шектеу қоймау.*

**БЕТҚАҚПАЙЛАМАУ** *Бетқақпайламау етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТҚАҚПАЙЛАУ** с ы н. с ө й л. *Тәрбиелі, тәртіпті, именшектеу.*

**БЕТҚАҚТЫ** с ы н. *Жалтақ, жалтаң, жасқаншақ.*

**БЕТҚАЛҚА** з а т. ж а ң а. ***Бетперде*** (*Кім екенін танытпау үшін көзімен, аузы ойылған қатырма қағаздан жасалған бетке киетін перде, маска).*

**БЕТМАЙ** з а т. ж а ң а. *Бет күтіміне арналған жақпа май.*

**БЕТМОНШАҚ** з а т. э т н. *Сәукелені, кимешекті әшекейлеу үшін екі шеке тұсынан бірнеше қатар қып тағылатын моншақ.*

**Бетмоншағы үзілді [түсті, салбырады].** *Ұялды, қысылды, батылы бармады.* **Бетмоншағы үзілмеген.** *Жас, бейкүнә, пәк, таза.*

**БЕТОН** [франц. beton] з а т. ***Құйматас.***

**Бетон құюшы.** *Тас, құм, цемент қоспаларынан құрылыс материалдарын жасаушы.* **Бетонның және темір-бетонның коррозиясы.** ф и з. *Әрекетті сыртқы ортаның әсерінен бетонның және темір-бетонның бүлінуі.*

**БЕТОНДА=** е т. ***Құйматас құю.***

**БЕТОНДАЛ=** е т. ***Құйматас құйылу.***

**БЕТОНДАЛУ** *Бетондал етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТОНДАТ**=е т. *Құйматас құйдырту.*

**БЕТОНДАТУ** *Бетондат етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТОНДАУ** *Бетонда етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТОНДЫ** с ы н. *Құйматастан құйылған.*

**БЕТОНИТ** з а т. х и м. *Темір руда концентратын байланыстыратын зат.*

**Бетонит шеген**. к е н. *Тазарту жұмыстары жүргізілмеген борпылдақ, орнықсыз таужыныстары кен қазбаларын шегендеуге арналған тұтас шеген.*

**БЕТОНШЫ** з а т. *Құйматас құюшы маман.*

**БЕТОРАМАЛ** з а т. *Адамның өзімен бірге алып жүретін бет, қол сүртуге арналған жеке орамалы.*

**БЕТПАҚ**[1] с ы н. **1.** *Елсіз, сусыз дала, құла дүз.*

**Бетпақ дала.** *Сусыз мидай дала, шөл дала.* **Бетпақ шөл**. *Елсіз, сусыз мекен, шөлді аймақ.*

**БЕТПАҚ**[2] [ир. بد بخت] с ы н. **1.** *Бақытсыз, сорлы.* **2.** *Айтқанға көнбейтін қиқар, қисық, бірбеткей, долы.* **3.** *Қарабет, ұятсыз, жүзіқара, арсыз.*

**БЕТПАҚДАЛИТ** з а т. х и м. *Молибдаттар тобының минералы, күрделі құрамды мышьякмолибден қышқылының темір және кальций тұзы.*

**БЕТПАҚТАЙ**[1] с ы н. *Бетпақ сияқты, сортаң, құнарсыз жердей.*

**БЕТПАҚТАЙ**[2] с ы н. *Бетпақ сияқты, бетпақ тәрізді.*

**БЕТПАҚТАН=** е т. **1.** *Қиқарлану, көгеріпсазарып долдану.* **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Айтқанынан қайтпау, сіресіп өз дегенін қоймау.*

**БЕТПАҚТАНУ** *Бетпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТПАҚТЫ** с ы н. *Шөлді, сусыз.*

**БЕТПАҚТЫҚ** з а т. **1.** *Долылық, қиқарлық, қасарысушылық.* **2.** *Ұятсыздық, арсыздық.*

**БЕТПЕ-БЕТ** ү с т. **1.** *Жүзбе-жүз, қарамақарсы.* **2.** *Бетімен бет, шүпілдеме. // Оңаша, жүзбе жүз кездесу.*

**Бетпе-бет ұрыс** ә с к. *Шабуылға шыққан қарсыластың әскеріне қарсы бағытта жүргізілетін ұрыс қимылдарының бір түрі.*

**БЕТПЕРДЕ** з а т. ө н е р. <франц. masgue> **1.** *Театрландырылған ойындар мен күлдіргі рөлдерде, карнавалда, сауық кештерінде өзін танытпау үшін киетін жасанды бет жамылғысы.* **2.** *Күнге күюден, желқақты болудан және шаң-тозаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін тор перде.* **3.** *Кейбір шығыс халықтарының әдет-ғұрыптары бойынша әйелдер бүркеніп жүретін паранжы.* **4.** с п о р т. *Спорт ойындарында бетке киетін қорғаныс-қалқан.* **5.** а у ы с. *Бет-бейне, түр-кейіп.*

**Бетперде комедиясы.** ә д е б. *Қайта өрлеу дәуіріндегі италиялық халықтық театрдың түрі, дельарте комедиясы.* **Бетперде қылды [етті].** *Шырмады, бүркеніш жасады.* **Бетпердесі жыртылмаған**. *Беті ашылмаған, ұяң.* **Бетпердесін ашты [жыртты, сыпырды]**. *Әшкереледі, құпиясын ашты.* **Бетпердесін ашу.** а) *Бағытын көрсету, мақсатын айқындау.* ә) *Әшкерелеу, құпиясын ашу.* **Бетпердесін сыпырды.** *Шынайы болмысын, шын ойын, ниетін көрсетті, ашық кетті.* **Бетпердесі түсті.** *Ұялды, қысылды.*

**БЕТПЕРДЕЛЕ=** е т. *Жауып-жасыру, білдірмеу.*

**БЕТ-ПЕРНЕ** з а т. *Бет-пішін, бет-әлпет.*

**БЕТ-ПІШІН** з а т. **1.** *Бет-әлпет, түр, келбет.* **2.** а н т р. *Адамның бет құрылымының алдыңғы жағынан қарағандағы типін білдіретін антропологиялық ұғым.*

**БЕТСІЗ** с ы н. *Арсыз, ұятсыз, әдепсіз.*

**БЕТСІЗДІК** з а т. *Ұятсыздық, арсыздық, әдепсіздік.*

**БЕТТЕ**[1]**=** е т. **1.** *Белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.* **2.** *Жақындау, жуу, маңайлау.* **3.** а у ы с. *Ден қою, мақсат ету.* **4.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсы тұру.* **5.** *Болымсыздық жұрнағын қабылдағанда мүлде жасай алмау, жүрегі шайлығу, бетінен басу деген мағынада жұмсалады.*

**БЕТТЕ**[2]**=** е т. **1.** б а с п а. *Газет, журнал, кітап басу үшін терілген жолдарды, тақырыптарды, суреттерді т.б. белгілі бір пішімге келтіріп, бет құрау.* **2.** *Бетін ашу, парақтау.*

**БЕТТЕ**[3]**: келген бетте.** *Бірден, келген бойда.*

**БЕТТЕЙ**[1] с ы н. **1.** *Бет сияқты, бет тәрізді.*

**БЕТТЕЙ**[2] с ы н. **1.** *Бет мөлшеріндей, бет шамасындай.*

**БЕТТЕС** с ы н. *Беті ұқсас, тәріздес.*

**БЕТТЕС=** е т. **1.** *Тегіс келген екі заттың бірімен-бірі тура келіп қиюласуы.* **2.** а у ы с. *Кездесу, жолығысу.* **3.** а у ы с. *Жақындасу, маңайласу, жуысу.* **4.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсыласу.*

**БЕТТЕСТІР=** е т. **1.** *Тегіс келген екі затты бірімен-бірі тура келтіріп қиюластыру.* **2.** з а ң. *Тергеу әрекеті барысында бұрынғы көрсетімдеріндегі қайшылықтардың себебін анықтау үшін екі адамды көзбе-көз жауаптастыру.* **3.** а у ы с. *Бетпе-бет жолығыстырып, көзбе-көз жауаптастыру.*

**БЕТТЕСТІРУ** *Беттестір етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Тегіс келген екі затты бірімен-бірі тура келтіріп қиюластыру.* **2.** з а ң. *Тергеу әрекеті барысында бұрынғы көрсетімдеріндегі қайшылықтардың себебін анықтау үшін екі адамды көзбе-көз жауаптастыру.*

**Беттестіру имараттары**. с у ш а р. *Бөгет денесін іргетасымен, жағамен және жалғанатын құйматасты имараттармен жымдастыру кезінде бөгет денесі мен табанының су сүзілмейтіндей болып қабысқан, статикалық тұрақтылығы қамтамасыз етілген гидротехникалық имараттар.*

**БЕТТЕСТІРІЛ=** е т. *Тегіс келген екі заттың бірімен-бірі тура қиюластырылуы.*

**БЕТТЕСТІРІЛУ** *Беттестіріл етістігінен жасалған қимыл атауы.*

**БЕТТЕСУ** *Беттес етістігінің қимыл атауы:* **1.** *Кездесу, жолығысу.* **2.** а у ы с. *Қарсы келу, қарсыласу.*

**БЕТТЕТ=** е т. **1.** *Белгілі бағытқа қарай жүргізу, бет алдыру.* **2.** *Жақындату, маңайлату.*

**БЕТТЕТТІР=** е т. *Жақындату, жуыту, маңайлату.*

**БЕТТЕТТІРУ** *Беттетір етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТТЕТУ** *Беттет етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТТЕУ**: **бүйрек беттеу**. *Бетінің жоғары тұсы шығыңқылау.*

**БЕТТЕУ**[1] *Бетте етістігінің қимыл атауы; белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.*

**БЕТТЕУ**[2] *Бетте*[1] *етістігінің қимыл атауы; ағашты, тасты т.б. тегістеу, жону.*

**БЕТТЕУ**[3] б а с п. *Бетте*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**БЕТТОПЫРАҚ** з а т. э т н. *Қабір топырағы.*

**БЕТТЫРНАС** з а т. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Айтыс-керіс, талас-тартыс.*

**БЕТТІ** с ы н. **1.** *Беті, бет-пішімі бар.* **2.** *Беті бір затқа ұқсас не ерекше келген.* **2.** а у ы с. *Өжет, өткір, қайсар.* *3.* а у ы с. *Елге сыйлы, қадірлі.*

**БЕТТІК**[1] сын. *Бет көлеміндегі, нақты беттен тұратын.*

**БЕТТІК**[2] сын. *Бетке тән, бетке қатысты.*

**Беттік ағыс.** сушар. *Судың табиғаттағы айналым процесінде жер бетімен ағу нысанында орын ауыстыруы.* **Беттік активтік заттар** физ. *Сұйық пен газдың немесе екі сұйықтықтың бөліну бетінде адсорбталып, оның беттік керілісін төмендететін заттар.* **Беттік алмасу.** инф. <ағыл. page communication> *Виртуалды жад беттерінің автоматты ауысуы.* **Беттік жад.** инф. *Сегменттелген жадтың жеке түрі.* **Беттік жүйе.** инф. <ағыл. page system> *Виртуалды жадты бет бойынша ұйымдастыратын жүйе.* **Беттік керіліс.** физ. *Екі фазаның (дененің) бөліну бетінің термодинамикалық сипаттамасы.* **Беттік керілу коэффициенті.** физ. *Тұрақты температура кезіндегі екі ортаның бөлу бетін құрауға жұмсалатын жұмыстың осы беттің ауданына қатынасы.* **Беттік құбылыстар.** физ. *Шекаралық қабатта артық еркін энергияның болуынан олардың құрылымы мен құрам ерекшеліктерінен туындайтын құбылыстар.* **Беттік шайылу.** сушар. *Ұсақ атыздар мен жырашалар арқылы тұтас су ұлдірі түрінде аққан жаңбыр мен қар суларының ұсақ минерал бөлшектерді жер бетімен ағыза тасымалдауы.* **Беттік шыны.** хим. *Құрылыстық шыны (шыны массадан жалпақ таспа түрінде пішінделіп жасалады, одан ары салқындауына қарай кесіледі).* **Беттік энергия.** хим. *Фазалар көлеміндегі энергиямен салыстырғанда фазалар шекарасындағы беттік қабаттағы энергияның артық мөлшері.*

**БЕТТІЛІК** зат. *Өжеттілік, өткірлік, қайсарлық.*

**БЕТУЛИН** зат. өс. *Қайыңның сыртындағы ақ түсті қабыршақ зат.*

**БЕТШЕ** зат. **1.** *Күнтізбе кітапшасының парағы, шағын бет.* **2.** *Үндеу, шақыру сияқты ақпарат жазылған, көпшілікке таратуға арналған шағын қағаз, парақ.*

**БЕТІ-ҚОЛЫ** зат. *Беті мен қолы.*

**БЕТІҚЫШЫҚ** зат. өс. *Ұсақ жапырақты, жеміс беретін, ұшқат тұқымдас, орманда өсетін бұта.*

**БЕТІМ** од. сөйл. экспр. *Таңданғанда, ұнатпағанда, ұялғанда әйелдер беттерін қолдарымен басу, шымшу қимыл ишаратын жасау арқылы айтылатын сөз.*

**БЕТІМЕН** үст. **1.** *Босқа, бекер, қалай болса солай, алды алдына.* **2.** *Ретсіз, тәртіпсіз, бейберекет.*

**Бетімен жіберді.** *Тыю салмады, еркіне қоя берді.* **Бетімен кеткен.** *Жүгенсіз, тыюсыз, тәрбиесіз.* **Бетімен кетті.** а) *Бет-бетімен, өз жайына тарады, бытырады.* ә) *Бағынбады, ыдырады, ауызбірліктен айырылды.* б) *Тәрбиеге көнбеді, өз дегенін істеді.* **Бетімен кету.** *Өз дегенімен жүру, жеке басының қамын ойлау, ортақ тәртіпке бағынбау.*

**БЕТІМЕН-БЕТ** үст. *Шұпілдеген, толы.*

**БЕТІНШЕ** үст. *Қалай болса солай, өз бетімен.*

**БЕУ** од. **1.** *Па, шіркін сияқты мағынадағы қайран қалу, тамсану, масаттану сезімдерін білдіретін сөз.* **2.** *Күтпеген жерден, тосыннан болған жайға таңқалуды білдіретін о, жасаған, апырай деген мағынадағы сөз.* **3.** *Біреудің назарын аудару мақсатында, қаратпа ретіндегі ау, әй деген мағынадағы сөз.* **4.** *Қап, түу сияқты өкініш сезімін білдіретін сөз.*

**БЕУ-БЕУЛЕ=** ет. *Бебеу қағу, бебеулеу.*

**БЕФСТРОГАНОВ** [франц. boeut – сиыр еті және Строганов орыс фамилиясы] зат. тамақ. *Ұсақтап туралған немесе жаңқаланған жұмсақ етпен тұздық құйылып дайындалған тағам.*

**БЕХҰДА** сын. көне. *Бейшара, байғұс.*

**БЕҺЕ** зат. өс. *Сары түсті, кеш пісетін алма тәрізді тәтті жеміс.*

**БЕШ** сан. сөйл. экспр. ***Бес.***

**БЕШАМЕЛЬ** [франц. bechamel] зат. тамақ. *Ұннан, жұмыртқадан және сүттен әзірленетін қою тұздық.*

**БЕШЕК** зат. өс. *Қара қоңыр түсті, торланған, сопақша, кішірек қауынның бір сорты.*

**БЕШЕНЕ** зат. сөйл. ***Пешене.***

**Бешенеден белгілі.** *Айқын, айдан анық.*

**БЕШМЕТ** зат. сөйл. ***Бешпент.***

**БЕШПЕНТ** зат. *Тік жаға етіп, жұқ салмай, ұзындығын тізерлікке жақын етіп астарлап тіккен жеңіл киім.*

**БЕШПЕНТТЕЙ** сын. *Бешпент тәрізді, бешпент сияқты.*

**БЕШПЕНТТІ** сын. *Бешпенті бар.*

**БЕШПЕНТШЕ** зат. *Шағындау бешпент түрінде тігілген сырт киім.*

**БЕШПЕНТШЕҢ** үст. *Үстінде бешпенті бар, бешпент киген.*

**БЕШПЕТ** зат. сөйл. ***Бешпент.***

**БЕШПЕТШЕҢ** үст. сөйл. ***Бешпентшең.***

**БИ**[1] зат. **1.** тар. *Қазақ қоғамындағы бұрынсоңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап, үкімін шығаратын сот.* **2.** тар. *Дауды дәстүрлі (тарихат) жолмен шешетін, құқықтық істі Есім ханны ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолымен я болмаса, Жеті жарғы бойынша жүргізетін адам.* **3.** тар. *Шешен, ділмар, батагөй.* **4.** тар. *Бітістіруші, дипломат, елші.* **5.** тар. *Патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары салдарынан билік жүйесінің өзгеруіне байланысты сайламалы жолмен тағайындалған билік иесі.* **6.** ауыс. *Ие, қожа. // Үстем, басым.*

**Би кесімі.** тар. *Бидің үкімі, бидің шешімі.* **Билер дәуірі.** тар. *Билер билік айтқан заман.* **Билер кеңесі.** тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарған ең жоғарғы кеңесші орган.* **Би қазы.** *Бүйен ішекке тыққан, шұжық тәрізді жуан қазы.* **Билер соты.** тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институты, ежелгі құқықтық реттеу пішімдерінің бір түрі.* **Би шора.** *Бидің баласы.*

**БИ**[2] зат. өнер. *Музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен бейнеленіп көрсетілетін өнер түрі.*

**Би алаңы.** *Би билеуге арналған жер, алаң.* **Би музыкасы.** *Биге арналған саз, әуен.*

**БИ**[3] зат. спорт. *Дойбы ойынында шаршы бойымен төрге шығып, бірінші қатардан орын алған дойбы тасы.*

**БИ**[4] зат. *Араб алфавитіндегі «б» әрпінің айтылуы.*

**БИ** [лат. bis – екі, қос] сын. *Заттың не оның белгісінің екеу екенін білдіретін біріккен сөздің алғашқы сыңары.*

**БИ** *Сөздің басында қолданылатын, дербестігі жоқ, «емес» немесе сыз/-сіз тұлғаларымен мәндес сөз бөлшегі, -бей қосымшасының бір нұсқасы.*

**БИАБАН** [ир. بيابان] зат. көне. *Шөл дала, сахара.*

**БИАЖАЛ** сын. *Ажалсыз.*

**БИАКС** [лат. bi – екі, лат. axis – білік] зат. инф. *Қайта магниттеусіз ақпаратты шығарып, оқуға мүмкіндік беретін екі ортогональ ойығы бар магниттік элемент.*

**БИАПАР** сын. *Бейпіл ауыз, бейәдеп.*

**БИАРМАН** сын. *Армансыз, мұңсыз.*

**БИАСЫЛ** [ир. بي اصيل] зат. көне. *Жасық, қорқақ, бос адам.*

**БИАТЛОН** [лат. bi – екі, грек, athlon – сайысу, күресу] зат. спорт. ***Қоссайыс*** *(белгілі бір қашықтық сайын шаңғы үстінде мылтықпен нысанаға оқ ата отырып, шаңғымен жарысатын қысқы спорт түрі).*

**БИАТЛОНШЫ** зат. спорт. ***Қоссайысшы.*** *(биатлонға қатысушы адам).*

**БИӘДЕП** сын. *Әдепсіз.*

**БИӘДІЛ** сын. *Әділетсіз.*

**БИБАҚ** зат. сөйл. ***Бейбақ.***

**БИБАҚЫТ** сын. сөйл. ***Бейбақыт.***

**БИБАРАҚАТ** үст. сөйл. ***Жайбарақат.***

**БИБАС** сын. сөйл. ***Бейбас.***

**Бибатима [Бибібатпа] пірімнің қолы.** миф. *Әйелдер науқастанғанда, босанарда, алғаш рет бір істі қолға алғанда айтатын, «менің қолым емес, демеуші пірімнің қолы» деп назарды басқа жаққа аудару үшін айтылатын сөз.*

**БИБАТПА** зат. діни. *Ескі діни сенім бойынша, әйелдердің пірі, Бибі Батима. //* ауыс. *Асыл, ерекше, инабатты.*

**БИ-БАТЫР** зат. *Әрі батыр, әрі би.*

**БИБАУЫРМАЛ** сын. сөйл. ***Бейбауырмал.***

**БИБАҺРА** сын. *Кедей; пайдасыз.*

**БИБЕКЕР** үст. көне. *Текке, босқа, бекерге.*

**БИБЛИОГРАФ** зат. *Библиография құрастырушы.*

**БИБЛИОГРАФИЯ** [грек, biblion – кітап және grapho – жазу] зат. *Баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы.*

**БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Библиография мәселелеріне тән, соған қатысты.*

**Библиографиялық көрсеткіш.** баспа. *Белгілі бір ғылым саласына, мәселеге қатысты басылымдар жөніндегі ақпарат жинақталған баспа өнім.* **Библиографиялық іздеу.** инф. <ағыл. bibliofraphical (documentary) retrieval> *Берілген нышандарға ие құжаттарды табу және беру процесі.*

**БИБЛИЯ** [грек. biblia] зат. діни. **Інжіл**; *христиан дінінің діни кітабы.*

**БИБЛЬДРУК** [biblion – кітап, нем. Druck – баспа, басу] зат. полигр. *Кітаптың қалыңдығын азайту мақсатында қолданылатын, сөздіктер мен анықтама кітаптарды басып шығаратын арнайы жұқа қағаз түрі.*

**БИ-БОЛЫС** зат. тар. *Патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары салдарынан билік жүйесінің өзгеруіне байланысты сайламалы жолмен тағайындалған билік иелері, ел билеуші топ.*

**БИБІ** зат. көне. **1.** *Бірнеше әйелдің ішіндегі мәртебесі жоғары әйел; қожа-молдалардың бәйбішесі, ақсүйек әйелдерге деген құрметті білдіретін атау.* **2.** сөйл. ***Медбике.***

**Бибі Батима.** діни. *Ескі діни сенім бойынша әйелдердің пірі.*

**БИГЕШ** зат. жаңа. *Жіпке ілінген ауырлық арқылы ары-бері қозғалып тұратын, энергияның бір түрден екінші түрге ауысып тұрғанын көрсететін жүйе, маятник.*

**БИГНОНИЯ** [лат. bignoniaceae] зат. бот. *Көпжылдық шөптесін, бұта, лиана өсімдіктер тұқымдасы.*

**БИҒАЙЫМ** есім. *Ешқандай, ешбір.*

**БИҒАМ** үст. сөйл. ***Бейқам.***

**БИҒАТ: биғат етті.** *Мойынсұнды, бағынды.*

**Биғат қылды.** *Мойынсұнды, бағынды.*

**БИҒАЯТ** сын. *Шексіз.*

**БИҒЫЛАЖДЫҚ** зат. көне. *Шарасыздық, лажсыздық.*

**БИД** [ағыл. bid] зат. экон. *Ақшаны, құнды қағазды, банкаралық депозитті т.б. сатып алу үшін тұтынушының келіскен бағасы.*

**БИДА** зат. сөйл. ***Бұйда.***

**БИДАЙ** зат. <лат. triticum> **1.** *Астық тұқымдас өсімдіктер туысына жататын шөптесін өсімдіктер туысы.* **2.** *Ең маңызды тағамдық дақыл дәні.*

**Бидай жармасы.** тамақ. *Бүтін және жарылған бидайдан алынатын ұнтақ, азықтық өнім.* **Бидай көже.** тамақ. *Келіге түйіліп кебегі алынған, аздап жармаланған бидай дәндері етпен бірге қайнатып пісірілетін көженің түрі.* **Бидай наны.** тамақ. *Бидай ұнына су, ашытқы, тұз, кейде қант, май, сірне, сүт, дәмдеуіштер қосып илеп, ашытып пісірілген тамақ өнімі.* **Бидай өң.** *Аққұба, ашаң жүз.* **Бидай өңді**. *Аққұба, ашаң жүзді.* **Бидай ұны.** тамақ. *Диірменге тартылған бидайдың ақ ұлпа ұнтағы, азықтық өнім, наубайхана, макарон және кондитер өндірістерінің негізгі шикізаты.* **Бидай шашқан егінге ермен шықты.** *Жақсылық орнына жамандық, арамдық, керек емес нәрсе келді.*

**БИДАЙ[2]** зат. сөйл. ***Бидайы.***

**БИДАЙБАС** зат. өс. *Сабағы қырлы,бас бидай масағы тәрізді, жапырағы жіп тәрізді, сәндік өсімдік.*

**БИДАЙ-БИДАЙБАС** зат. өс. *Бидай мен бидайықтың будандастырылған, қызыл қышқыл дәні бар,кеш пісетін бидай сорты.*

**БИДАЙДАЙ** сын. **1.** *Бидай тәрізді, бидай сияқты.* **2.** ауыс. *Бидайдың үлкендігіндей.*

**Бидайдай [бидайша, бидайықтай] қуырды.** *Жанын шығарды, екі аяғын бір етікке тықты; тасқаяқтай қағыстырды.*

**БИДАЙЛЫ** сын. *Бидайы мол, бидайы көп.*

**БИДАЙЛЫҚ** зат. қолөнер. *Жүннен, киізден, жіптен өндірілетін бұйым.*

**БИДАЙЫ** зат. *Жастық, ішік сияқты заттардың тысының астарына салатын бір қабат шүберек.*

**БИДАЙЫҚ[1]** зат. бот. <лат. elytrigia> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БИДАЙЫҚ[2]** зат. зоол. <лат. falco pelegrinoides> *Сұңқарлар тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**БИДАЙЫҚ[3]** зат. *Көктемдегі қар және жаңбыр суы сарқылып жиналатын ойпаң келген жер.*

**БИДАЙЫҚТАЙ[1]** сын. *Бидайық[2] сияқты, сұңқар құстай.*

**БИДАЙЫҚТАЙ[2]** сын. *Бидайық сияқты, бидайық тәрізді.*

**Бидайықтай қуырды**. *Жан алқымға алды, қысты, әбден ұрысты, қыспаққа алды.*

**БИДАЙЫҚТЫ** сын. *Бидайығы мол, бидайығы көп өскен.*

**БИДАЙЫҚША** үст. *Бидайық сияқтанып, бидайыққа ұқсап.*

**БИДАЙЫЛА=** ет. *Бидайы салу, бидайымен қаптау.*

**БИДАЙЫЛАН=** ет. сөйл. *Бидайы шүберекпен қапталу.*

**БИДАЙЫЛАУ** *Бидайыла етістігінің қимыл атауы.*

**БИДАҚ** зат. көне. *Жалау, байрақ.*

**БИДАРҚА**: **бидарқа болды**. *Босқа қаңғып, әуре-сарсаңға түсті.*

**БИДАРЫҚ** сын. *Бос, жай.*

**БИДҒАТ** зат. діни. *Ислам дінінде болмаған, ғибадат мақсатымен жасалатын амалдар.*

**БИДЕЙ** сын. *Би сияқты, би тәрізді.*

**БИДОН** [франц. bidon] зат. *Металл не пластмассадан жасалған, цилиндр пішінді, қақпағы бар, сұйықтық сақтауға арналған тұтқалы ыдыс.*

**БИЕ** зат. *Құлындайтын жылқының бес жасқа толған аналығы.*

**Бие байлады.** *Қымыз ашыту үшін желіге құлын байлап, бие сауды.* **Бие байлатты.** *Қымыз ашыту үшін желіге құлын байлатты, бие сауғызды.* **Биеге іш тастаттырмады**. *Құлынын түсіртпеді, төлді мерзімінен бұрын тудырмады, баптап күтті.* **Бие құлын тастады.** *Бие құлынды мерзімінен бұрын өлі туды.* **Бие қысырады.** *Бие қысыр қалды, төлдемеді.* **Биені ағытты**. *Желідегі биені босатты.* **Биені бүгімен [түгімен], түйені түгімен [жүгімен] жұтты [жеді].** *Ашкөзденді, қанағат етпеді, жебір, парақор болды.* **Биені жебей сауды.** *Биені жеделдете, жиілете сауды.* **Бие сауу.** этн. ***Биебайлар.*** **Биені идірді.** *Бие желініне жиналған сүтті сауу үшін құлын салып, еміренті.* **Биенің бір сауымы [сауыны].** *Бие сауға жұмсалған уақыт, мерзім шамасында.* **Биенің екі ііні**. *Биені екі сауға кететін уақыт, 40 минут.* **Биенің екі сауымындай.** *Биені екі сауға кететін уақыттай мерзім.* **Биені тиектеді**. жерг. *Биені тұсады.* **Бие саумал, сүт-қымыз.** *Әлі ашымаған, саумал күйіндегі, сүт татып тұрған қымыз.* **Бие сауымдай.** *Бие сауға кететін уақыттай.* **Бие тоқтады.** *Бие айғырдан шығып, күйлеуі басылды.* **Бие ұстаудан қолы үзілді.** *Бие байламайтын болды, биені күте алмады.* **Бие ішті болды.** *Бие төлді болды, жиі төлдеді.*

**БИЕБАЙЛАР** зат. этн. *Сауылатын биелерді көктемде алғаш байларда жасалатын кәде.*

**БИЕБАУ[1]** зат. **1.** *Көкорай шалғынды, шөбі шүйгін құтты қоныс.* **2.** этн. ***Биебайлар.***

**БИЕБАУ[2]** зат. өс. *Бидайықтың бір түрі.*

**БИЕБАУДАЙ** сын. *Биебау сияқты, биебау тәрізді.*

**БИЕДЕЙ** сын. *Бие сияқты, бие тәрізді.*

**БИЕЕМШЕК[1]** зат. бот. *Құмды жерде өсетін биенің емшегіне, сәбізге ұқсас тамыржемісті тәтті өсімдік.*

**БИЕЕМШЕК[2]** зат. өс. *Таңқурай.*

**БИЕКЕ** зат. *Би сөзінің құрметпен айтылатын түрі.*

**БИЕКӨНЕК** зат. *Көннен істелген шелек.*

**БИЕҚАРЫН[1]** зат. биол. *Теңіз алабұғасының ең үлкен түрі.*

**БИЕҚАРЫН[2]** зат. өс. *Түйеқарын (шөлді жерлерде өсетін, түйе малы жақсы жейтін біржылдық өсімдік).*

**БИЕЛЕТ=** ет. *Сыйлықты бие түрінде әкелу, биені тарту ету.*

**БИЕЛІ** сын. *Биесі бар, бие ұстаған.*

**БИЕСЕП** сын. ескі. *Себепсіз, негізі жоқ.*

**БИЕСАУ** зат. зоол. *Дәуіттің халықтық атауы.*

**БИЕСАУМАЛ** зат. өс. *Қарағайлы орман ішінде өсетін, дәмі саумал татитын шөп.*

**БИЕСАУЫМ: биесауым жер**. *Қашықта емес, жақын жерде.*

**Биесауым уақыт**. *Биені сауға кететін уақыт ұзақтығын білдіретін халықтық өлшем.*

**БИЕСҮТШІ** зат. өс. *Қауынның бір сорты.*

**БИЕШЕ** үст. *Бие сияқты, биеге ұқсап.*

**БИЕШІ** зат. *Биені бағып, күтетін адам.*

**БИЕШҰБАР** зат. өс. *Шөп аты.*

**БИЖАЙ** үст. сөйл. ***Бейжай.***

**БИЖАРАТ** сын. көнерген. ***Жарамсыз.***

**БИЖАД** [ор. печать ] зат. көне. *Басылым, баспа.*

**БИЖАРАТ** [ир.] сын. *Қорқақ, жасқаншақ.*

**БИЗАНЬ** [голл. bezaan] зат. балықшар. *Желкеннің төменгі етегі.*

**БИЗАР[1]** зат. *Зар, құмар, құштар.*

**Бизар етті**. *Азапқа салды, әуреледі, мазаны алды.*

**БИЗАР[2]** [ир. بیزار] зат. көне. *Қызғаншақтық; көреалмаушылық; жиіркену.*

**БИЗАРУРАТ** [ир. بي ضرورة] сын. көне. *Себепсіз; қажетсіз.*

**БИЗАУАЛ** үст. көне. *Қас қарайған уақыт.*

**БИЗЕК** зат. *Мата түрі.*

**БИЗНЕС** [ағыл. business] зат. экон. *Пайда табуға арналған әрекеттің, экономикалық қызметтің түрі; жеке кәсіпкердің не фирманың іскерлік қызметі.*

**БИЗНЕС-ЖОСПАР** [лат. business – іс, planum – жоспар] зат. экон. *Кәсіпорынның алдына қойған экономикалық мақсаты мен оны жүзеге асыру жолдары, міндеттері мен әдістәсілдері баяндалған құжат.*

**БИЗНЕС-КЛАСС** зат. **1.** экон. *Бағдарламасына бухгалтерлік есеп, маркетингті оқыту, іс жүргізу кіргізілген қаржы экономикалық бағытқа негізделген өзгеше класс.* **2.** *Ұшақта, поезда т.с.с., әдетте, бизнесмендерге арналған жоғары деңгейдегі орындар.* **3.** *Техникалық түзілісі жоғарғы сапада екендігі куәландырылған, қолдануда кепілдік бере алған жоғары санат.* **4.** *Кәсіпкерлікпен айналысатын қоғам топтары, бизнесмендер.*

**БИЗНЕС-КЛУБ** зат. *Кәсіпкерлер, іскер адамдар клубы.*

**БИЗНЕС-ЛАНЧ** зат. *Белгілі бір бағасы бекітілген, көбінесе іскер адамдарға арналған мейрамхана, кафедегі түскі ас.*

**БИЗНЕС-ОРТАЛЫҚ** зат. *Ішінде конференц-залдары, кеңселері, қонақ үйлері мен дүкендері бар, іскер адамдарға ыңғайланып жасалған ғимарат, ғимараттар кешені.*

**БИЗНЕС-МЕКТЕП** зат. *Оқыту бағдарламасына маркетинг, менеджмент т.б. кіретін, қаржы экономикалық бағытты ұстанатын арнайы білім беретін мекеме.*

**БИЗНЕСМЕН** [ағыл. businessman] зат. экон. *Пайда, табыс әкелетін экономикалық қызметпен айналысатын адам.*

**БИЗНЕС-ФОРУМ** зат. *Кәсіпкерлер мен іскер адамдардың іскерлік мақсаттағы басқосуы.*

**БИЗНЕС-ЭЛИТА** зат. *Мемлекеттік дәрежедегі шешімдер шығаруға ықпал ете алатын және саяси үдерістерге белсенді қатысатын ірі бизнесмендер тобы.*

**БИЗОН** [лат. bison] зат. биол. *Жұптұяқтылар отряды қуыс мүйіздiлер тұқымдасының зубр туысына жататын жабайы сиыр.*

**БИЗОНШӨП** зат. өс. *Құрғақшылыққа төзімді, аласа, тал тамырсабағы, көпжылдық шөп.*

**БИКАР** [парсы] үст. көне. *Жұмыссыз, бос.*

**БИКАРБОНАТ** зат. хим. *Көмірқышқыл тұздары.*

**БИКЕ** зат. сөйл. *Әйел адамды, көбіне тұрмысқа әлі шықпаған жасы үлкен қызды атайтын ізет атауы.*

**БИКЕШ[1]** зат. экспр. *Бойжеткен қызға, жас әйелдерге сыпайыгершілік, сыпайылық білдіріп айтылатын сөз.*

**БИКЕШ[2]** зат. астр. <лат. virgo> *Күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан шоқжұлдыз.*

**БИКЕШТЕЙ** сын. *Бикеш сияқты, бикеш тәрізді.*

**БИКС** [нем. Bixen] зат. мед. *Зарарсыздандырылған материалдарды сақтау және тасу, автоклавта таңу заттарын, хирургиялық жабдықтарды, т.с.с. зарарсыздандыруға арналған металл құты.*

**БИКҮНӘ** [ир. بي گناه] сын. сөйл. ***Бейкүнә.***

**БИКР** сын. көне. *Кіршіксіз; таза; бұзылмаған; пәк; адал.*

**БИҚАЙРАТ** [ир. بي غيرت] сын. көне. *Қайратсыз, еріксіз.*

**БИҚАМ** сын. көне. *Тіп-тік.*

**БИҚАСАП** [ир. ар. بي قصب] зат. *Енсіз жібектен тоқылған жолақ мата, кездеме.*

**БИҚАТ** [ир. ар. بي حد] сын. *Қатты, ауыр.*

**БИҚИСАП** [ир. ар. بي حساب] сын. *Көп, мол, есепсіз.*

**БИ-ҚОЖА** [ир. خواجه] зат. *Иелік етуші, билік жүргізуші, өзі би, өзі қожа.*

**БИҚУЛЫҚ** [ир. ар.] зат. *Айласыз, құлықсыз.*

**БИЛАЖ** [ир. ар. بي علاج] үст. кіт. *Лажсыз, еріксіз, амалсыз.*

**БИЛАТЕРИЗМ** [лат. bi – екі, lateralis – бүйірлік екі тарапқа қатысты] зат. экон. *Екі мемлекет арасында жасалынған келісімдерге негізделген халықаралық сауда ұйымы.*

**БИЛӘД** зат. көне. *Ел.*

**БИЛБОРД** [ағыл. billboard, bill – жарнамалау, board – тақта] зат. полигр. *Қала көшелеріндегі жарнама тақталары.*

**БИЛ-БРОКЕР** зат. экон. *Қор биржаларындағы вексельдерді есептеу және қайта есептеу жөніндегі мәмілелерде делдал болатын вексель маклері.*

**БИЛЕ**[1]**=** ет. **1.** *Биді орындау.* **2.** *Тербелу, ырғалу, жайқалу.* **3.** ауыс. *Бәйек болып, құрдай жорғалау, жағымпаздану.*

**БИЛЕ**[2]**=** ет. **1.** *Билік жүргізу, басқару.* **2.** *Бағындыру, билеп-төстеу.* **3.** ауыс. *Меңгеру, ие болу.* **4.** ауыс. *Ырқына көндіру, дегенін істету, үстемдік ету.* **5.** ауыс. *Басыну, басқа шығу.*

**БИЛЕГІШ**[1] сын. *Биге әуес, биқұмар.*

**БИЛЕГІШ**[2] сын. *Басқарғыш, меңгергіш.*

**БИЛЕН**[1]**=** ет. *Бидің орындалуы.*

**БИЛЕН**[2]**=** ет. *Басқарылу, билік жүргізілу.*

**БИЛЕНУ** *Билен етістігінің қимыл атауы, билік жүргізу.*

**БИЛЕП-ТӨСТЕ=** ет. **1.** *Бар билікті өз қолына алу, үстемдігін жүргізу, бағындыру.* **2.** *Басқару, билік ету.* **3.** ауыс. *Ырқына көндіріп, өз дегенін істету.*

**БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ** сын. *Үкімін жүргізгіш, бағындырғыш, ырқына көндіргіш.*

**БИЛЕП-ТӨСТЕУ** *Билеп-төсте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үстемдігін жүргізу, бағындыру.* **2.** *Ырқына көндіріп, дегенін істету.*

**БИЛЕП-ТӨСТЕУШІ** зат. **1.** қоғ. *Билеуші, басқарушы.* **2.** *Ырқына көндіріп, дегенін істетуші.*

**БИЛЕП-ТӨСТЕУШІЛІК** зат. *Ырқына көндірушілік, басқарушылық, билеушілік.*

**БИЛЕС**[1]**=** ет. *Бірге билеу, қосыла билеу.*

**БИЛЕС**[2]**=** ет. *Басқарысу, билік етісу.*

**БИЛЕТ** [франц. billet] зат. **1.** *Пойызға, автобусқа не ұшаққа отыру үшін берілетін құжат.* **2.** *Кино, спектакль т.б. көру үшін берілетін құжат.* **3.** *Белгілі бір ұйымға қатыстықты білдіретін құжат.* **4.** *Емтихан тапсырушыға қойылған сұрақтар жазылған қағаз.*

**БИЛЕТ**[1]**=** ет. **1.** *Биді орындату.* **2.** *Бұралаңдату, ырғалту, теңселту, тербелту.*

**БИЛЕТ**[2]**=** ет. **1.** *Басқарту, билік еткізу.* **2.** *Бағындырту, билетіп-төстету.* **3.** ауыс. *Ырқына көндіру, дегенін істету.* **4.** ауыс. *Меңгерту, ие ету.*

**БИЛЕТСІЗ** үст. *Билеті жоқ, билет алмай.*

**БИЛЕТУ** *Билет*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басқарту, билік еткізу.* **2.** ауыс. *Ие болдыру.*

**БИЛЕУ**[1] *Биле*[1] *етістігінің қимыл атауы, биді орындау.*

**БИЛЕУ**[2] *Биле*[2] *етістігінің қимыл атауы:* **1.** *Билік жүргізу, басқару.* **2.** *Бағындыру, билеп-төстеу.* **3.** ауыс. *Ие болу, меңгеру.* **4.** ауыс. *Ырқына көндіру, дегенін істету.*

**БИЛЕУШІ**[1] зат. **1.** *Мемлекеттегі ең жоғары лауазым иесінің құзыретін білдіретін жинақтаушы ұғым, әмірші.* **2.** *Басқарушы, билік етуші.* **3.** ауыс. *Ие, иелік етуші.*

**БИЛЕУШІ**[2] зат. *Би билеуші, билеп жүрген адам.*

**БИЛЕУШІЛІК** сын. *Әмір етушілік, үстемдік құрушылық.*

**БИЛИВЕРДИН** зат. биол. *Өттің жасыл пигменті, билирубин тотығуының нәтижесінде түзілетін зат.*

**БИЛИНГВ** зат. лингв. *Екі тілді білетін адам.*

**БИЛИНГВА** зат. лингв. *Ескі жазба ескерткіштерді зерттеудегі екі тілдегі жазба немесе мәтін.*

**БИЛИНГВИЗМ** [лат. bi – екі, lingua – тіл] зат. ***Қостілділік.***

**БИЛИРУБИН** [лат. bilis – өт, ruber – қызыл, haima– қан] зат. физиол. *Адам және жыртқыш аңдардың өтінің түсіне қызыл-сары, алтын түсін беретін өттің ең негізгі бояғыш заттарының (пигменттерінің) бірі.*

**БИЛИРУБИНЕМИЯ** зат. мед. *Қандағы билирубиннің жоғары мөлшерде болуы.*

**БИЛЛАҺИ** [ар. بالله] зат. *Алланың бір аты.*

**БИЛЛИОН** [франц. billion] сан. *Мың миллиард, 10/12 түріндегі сан.*

**БИЛЛЬ** [лат. bill – мөр басылған құжат] зат. заң. *Ел парламентінің қарауына ұсынылған заң жобасы.*

**БИЛЬЯРД** [франц. billard<bill – шар] зат. спорт. *Арнайы үстел үстінде шарларды арнаулы таяқшалармен атып, торлы ұяларға түсіретін ойын, тасқаяқ.*

**БИЛІК**[1] зат. **1.** *Басқарушылық, басшылық, әкімшілік.* **2.** қоғ.-саяси. *Үкімет, мемлекетті басқару органы.* **3.** ауыс. *Мансап.*

**Билігі асты.** *Үстем болды, басымдық танытты.* **Билігін асыра пайдалану.** қоғ. *Лауазымды адамның өз құқылары мен құзыретінің шегінен шығып кететін, азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның не мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын іс-әрекеттерді қасақана жасауы.* **Билік басына жетті [келді].** *Мансапқа ие болды, басқарды.* **Билік басына келу.** *Мансапқа ие болу.* **Билік бөлу.** қоғ. *Демократиялық-құқықтық елде мемлекеттік билікті бір-бірінен тәуелсіз, дербес тармақтарға жіктеу.* **Билік бөлісу.** қоғ. *Демократиялық-құқықтық елде мемлекеттік билікті тәуелсіз, дербес тармақтарға жіктесу.* **Билік жүйесі.** қоғ. *Мемлекеттік биліктің тәртібі.* **Билік иесі.** *Басқарушы, ел билеуші.* **Билік институты.** саяси. *Қоғамдық өмірді, адамдардың әрекетін ұйымдастыру, реттеудің бір формасы, қоғамның әлеуметтік құрылысының бір элементі.* **Билікке таласты.** *Сайлауға түсті, басқармақ болды.* **Билік қамшысы.** бейне. *Биліктің тізгіні, басшылық.* **Билік құрды.** *Басқарды, биледі, үстемдік етті, бағындырды.* **Билік орнады.** *Басқарушылар келді, бағындырды.* **Билік орны.** қоғ. *Басқарушылар, үстемдік етушілер.* **Билік плюрализмі.** қоғ. *Әртүрлі көзқарастағы, позициядағы топтардың билікті алуы.* **Билік тармақтары.** қоғ. *Демократиялық-құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік биліктің заң шығару, атқару және сот қызметіне бөлінген тармақтары.* **Биліктен айырылды.** *Мансаптан айырылды, басқармайтын болды.* **Билік [қолға] тиді.** а) *Билікке ие болды, үстемдік етті.* ә) жағымсыз. *Мансапқа ие болды.* **Биліктің легитимділігі.** саяси. *Халықтың саяси билікті, оның заңдылығы мен шешімдерін растауын білдіретін ұғым.* **Билік үстемдігі.** заң. *Белгілі бір аумақта қоғамды басқаратын және оған пайдалы қызметтер атқаратын, соның барысында мемлекеттік саясаттың атқарылуы мен орындалуын қамтамасыз ететін ырықтандыру аппараты болатын, жалпыға бірдей міндетті заңдар мен басқалай да актілерді қабылдап отыратын егеменді көпшілік билігінің саяси ұстанымы.*

**БИЛІК**[2] зат. **1.** тар. *Билердің даугерлерге айтқан кесімі, төрелігі, үкімі.* **2.** *Жарлық, бұйрық, әмір.* **3.** заң. *Қылмысты іс жөніндегі шығарылған сот үкімі, шешімі.* **4.** ауыс. *Ерік, ықтияр.* **5.** ауыс. *Тағдыр, кесім.*

**Билігі асқан.** *Ерекше үстемдігі бар, басымдығы мықты.* **Билігі жүрді.** *Дегені, айтқаны болды.* **Билігін бұрмады.** *Әділ болды, әділ төрелік етті, ешкімге іші бұра тартпады.* **Билігінен айырылды**. *Еркінен айырылды, бодан болды.* **Билік айтты**. а) *Бұйырды, әмір етті.* ә) *Үстемдік етті, төрелік айтты.* **Билік алды.** а) *Басқарды, билік айтты, үстемдік етті.* ә) *Билікке ие болды, мансапқа ие болды.* **Билік жүргізді.** *Әмірін өткізді, үстемдік етті, басқарды.* **Билік жүргізу.** *Әмірін өткізу, үстемдік ету, басқару.* **Билікке таласты.** *Төрелікке разы болмады, қарсылық білдірді.* **Билік қылды [етті].** *Басқарды, үстемдік етті, бұйырды.* **Билік Олимпі.** бейн. *Билік басы, үкімет.* **Билік шығарды.** *Үкім, төрелік айтты.*

**БИЛІКАҚЫ** зат. тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қылмыстық және азаматтық істерге қатысты төрелік айтып, шешім шығарғаны үшін билерге, қазыларға төленген ақы, сот алымы.*

**БИЛІКҚҰМАР** сын. *Мансапқой, даңғаза, құркеуде.*

**БИЛІКҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Билікте болуды, билік етуді жақсы көрушілік.*

**БИЛІКСІЗ** сын. **1.** *Рұқсатсыз, келісімсіз.* **2.** *Өз басында ықтияры жоқ, еріксіз.*

**БИЛІКСІН=** ет. *Билік қуу, өкімсіну, билеп-төстеу.*

**БИЛІКШІ** зат. **1.** *Ұйымдастырушы, билік айтушы.* **2.** қоғ.-саяси. *Билік жүргізуші, басқарушы.*

**БИЛІКШІЛ** сын. *Біліққұмар, билік айтқыш.*

**БИЛІКШІЛІК** зат. қоғ-саяси. *Біліккұмарлық, билік айтқыштық.*

**БИМАҒЛҰМ** [ир. ар. بي معلوم] ес. сөйл. ***Беймәлім.***

**БИМАҚ** зат. көне. *Мағынасыз, мәнсіз, пәтуасыз, бос.*

**БИМАЗА** сын. сөйл. ***Беймаза.***

**БИМАЗАЛА** ет. *Мазасын алу.*

**БИМАЗАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Беймазалық.***

**БИМАЛАЛЫ** сын. көнер. *Иманды, иманжүзді, инабатты.*

**БИМӘЛІМ** [ир. ар. بي معلوم] сын. сөйл. ***Беймәлім.***

**БИМЕЗГІЛ** зат. сөйл. ***Беймезгіл.***

**БИМЕТАЛЛ** [лат. Bis – екі рет, metallum – металл] зат. кен. *Екі түрлі металл немесе қорытпа қабаттарынан (мыс., титан т.б.) дайындалған материал.*

**БИМЕТАЛЛИЗМ** зат. экон. *Екі металл (алтын мен күміс) заңды төлем құралы болып саналатын ақша жүйесі.*

**БИМОРАЛЬДЫҚ** сын. сөйл. ***Бейморальдық.***

**БИН** [ар. بن] сын. кіт. *Ұлы, мәртебелі.*

**БИНА** зат. көне. *1. Құрылыс; ғимарат; үй. 2. Тірек, негіз.*

**БИНАӘН** [ар. بناء] сын. ескікіт. *Негізделген, негізге алған.*

**БИНАЗИР** [ир. ар. بي نظير] сын. көне. *Ерекше, асқан (сұлулық).*

**БИНАМА** [ир. بي نامه] зат. *Тұк білмейтін, ештеңеден хабарсыз, бейхабар.*

**БИНАМАЗ** зат. сөйл. *Бейнамаз, намаз оқымайтын.*

**БИНАРЛЫ** сын. ***Бинарлық.***

**БИНАРЛЫҚ** [лат. binarius] сын. *Қос, жұп.* **Бинарлық номенклатура.** биол. *Халықаралық ғылыми жіктелімде өсімдіктердің, жануарлар мен микроағзалардың туыстары мен түрлерін екі латын сөзімен атау.* **Бинарлық оператор.** инф. <ағыл. binary operator> *Логикалық немесе арифметикалық өрнекте екі атауды байланыстыратын операция символы.*

**БИНАУРАЛЬДЫҚ**: **бинауральдық есту**. [лат. bini – қос, екі, auris – құлақ] псих *Адамдардың не жануарлардың құлағы арқылы дыбыс шығаратын дененің бағытын анықтау қабілеті.*

**БИНИЬАЯТ** сын. көне. *Хош иісті.*

**БИНОКЛЬ** [франц. binocle, лат. bini – екі, oculus – көз] зат. ***Дүрбі.***

**БИНОКУЛЯРЛЫҚ**: **бинокулярлық көру** [лат. bini – екі, кос және oculus – көз] биол. *Қашықтықтағы нысандарды бақылау арқылы көру.*

**БИНОМ** [лат. bi – екі, nomen – бөлік, мүше] зат. мат. *Биналдық мүшелер деп аталатын алгебралық екі өрнектің қосындысы немесе айырмасы, екі мүше.*

**БИНОМДЫҚ** сын. мат. *Биномға тән, биномға қатысты.*

**БИНТ** [нем. Binde] зат. мед. ***Тілкемдәке.***

**БИНТТЕ=** ет. *Бинтпен орап байлау, таңу.*

**БИНТТЕУ** *Бинтте етістігінің қимыл атауы.*

**БИО** [грек. – bios] *Тіршілік құбылыстарына байланысты күрделі сөздерде «биологиялық» деген ұғымды білдіретін алғашқы сыңары.*

**БИОАЙНАЛЫМ** зат. экол. **1.** *Ағзалардың даму кезеңдері немесе фазаларының заңды ауысымдары.* **2.** *Теңіз, құрлық, ішкі су қоймасы сияқты ұқсас биохорлардың жиынтығы, биосфераның ірі бөлімшесі.*

**БИОАКУСТИКА** [грек. bios – өмір, грек. akustikos – есту] зат. биол. *Жануарлардың дыбыс шығару арқылы қарым-қатынас жасауын зерттейтін биология саласы.*

**БИОӘДІС** зат. биол. *Зиянкес және ауру қоздырғыш ағзаларға қарсы басқа ағзалардың көмегімен күресу әдісі.*

**БИОӘРТҮРЛІЛІК** зат. *Биологиялық әралуандылық.*

**БИОБЕЙОРГАНИКАЛЫҚ: биобейорганикалық химия.** хим. *Нәруыз, нуклеин қышқылдары және басқа табиғи органикалық қосылыстар мен металл иондарының кешендерін зерттейтін химия саласы.*

**БИОБЕЛДЕМ** зат. биол. *Биогеографиялық облыстың бірнеше биомдарды біріктіруші, ауа райы ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан биоценоз кешенінде түзілген экожүйенің бір бөлігі.*

**БИОГАЗ** зат. хим. *Қатты және сұйық күйдегі органикалық қалдықтардың метандық ашуы кезінде түзілетін жанғыш газ.*

**БИОГЕЛЬМИНТТЕР** зат. мед. *Басқа организмдер есебінде тіршілік ететін паразиттік құрттар.*

**БИОГЕН** [грек. bios – өмір, грек, genesis– пайда болу] зат. биол. **1.** *Тірі ағзалар құрамында тұрақты болатын және белгілі бір биологиялық қызмет атқаратын, олардың тіршілік етуіне өте қажетті химиялық элементтер.* **2.** *Тірі ағзалардың тіршілік қабілеті жойылғаннан кейін толық ыдырап, минералға айналмаған, бірақ топырақты құнарландыратын қасиеті бар заттар.* **3.** *Тірі ағза қалдықтарынан пайда болатын биологиялық активті заттар (биолиндер, фитонцидтер т.б.).* **4.** *Жануарлар мен өсімдіктердің тінінде белгілі бір жағдайда пайда болып, олардың өсуін, дамуын тездететін заттар, биостимуляторлар.*

**БИОГЕНДІ** сын. *Биогені бар.*

**Биогенді элементтер.** хим. *Ағзалар құрамына кіретін және белгілі биологиялық функциялар атқаратын химиялық элементтер.*

**БИОГЕНДІК** [грек. bios – өмір, genes – пайда болу] сын. *Биогенге тән, биогенге қатысты.*

**Биогендік заттар.** су. *Су объектілерінде фитопланктондардың жылдам өсіп-өнуіне зиянкес су ағзаларының өсуіне, су көзінің эвтрофиялық дамуына себепші болып, судың өздігінен тазару процесіне кері ықпалы болатын заттар.* **Биогендік элементтер.** хим. *Белгілі бір биологиялық функциялар атқаратын және тұрақты түрде ағза құрамына кіретін химиялық элементтер.*

**БИОГЕНЕЗ** [грек. bios – өмір, грек, genesis – пайда болу] зат. биол. *Органикалық қосылыстардың өлі материядан пайда болатынын теріске шығаратын теория.*

**БИОГЕНЕТИКА** зат. биол. *Жердегі өмірдің пайда болуын зерттейтін ғылым.*

**БИОГЕНЕТИКАЛЫҚ** сын. биол. *Тірі ағзалар дамуын, онтогенезін, негізінен, өзінің ата тегінің негізгі даму жолдарын қайталайтын.*

**Биогенетикалық заң.** биол. *Тірі ағзалардың жеке дамуы кезінде сол түр эволюциясының аса маңызды кезеңдерін қысқаша және жылдам қайталап өту заңдылығы.*

**БИОГЕОГРАФИЯ** [грек, bios – өмір, грек. geographia – жаратылыстану] зат. биол. *Жер шарындағы тірі ағзалар мен олардың топтарының таралу және орналасу заңдылықтарын зерттейтін биология ғылымының саласы.*

**БИОГЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. биол. *Биогеографияға тән, биогеографияға қатысты.*

**БИОГЕОЛОГИЯ** [грек. bios – өмір, грек. ge – жер, грек. logos – ілім] зат. *Ағзалардың жер қыртысының түзілуі мен дамуына әсерін зерттейтін ғылыми бағыт.*

**БИОГЕОФИЗИКА** зат. физ. *Тіршілікке байланысты физикалық процестерді зерттейтін ғылыми пән.*

**БИОГЕОХИМИЯ** зат. биол. *Биосферада ағзалардың қатысуымен жүретін геохимиялық процестерді зерттейтін ғылым саласы.*

**БИОГЕОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Биогеохимияға қатысты, биогеохимияға тән.*

**Биогеохимиялық айналым**. экол. *Биосферадағы заттар мен энергия ауысуының белгілі бір тәртіппен қайталанып тұруы.* **Биогеохимиялық белдем.** экол. *Топырақ түзілу процестерінің, ауа райы факторларының, химиялық элементтердің биогендік жылжу процестерінің бірлігімен сипатталатын Жердің үлкен аумағы.* **Биогеохимиялық цикл**. экол. *Бейорганикалық табиғаттан өсімдіктер мен жануарлардың организмдері арқылы қайтадан бейорганикалыққа оралатын химиялық элементтердің айналымы.*

**БИОГЕОЦЕНОЗ** [грек. bios – тіршілік, ge – жер, koinos – жалпы] зат. грек. *Жер бетінің өзара ұқсас белгілі бір бөлігіндегі табиғи құбылыстардың (атмосфера, тау жыныстары, өсімдік, жануар, микроағзалар, топырақ, гидрологиялық жағдай) қосындысы.*

**Биогеоценоз эволюциясы**. экол. *Экожүйедегі түрлер мен олардың ара-қатынастарының үздіксіз бір мезгілде өзгеру және бір түрдің түсіп қалып, бұрын болмаған басқа түрлердің пайда болу құбылыстары.*

**БИОГЕОЦЕНОЗДЫ** сын. экол. *Биогеоценозы бар, биогеоценоз қатысқан.*

**БИОГЕОЦЕНОЗДЫҚ** сын. экол. *Биогеоценозға тән, биогеоценозға қатысты.*

**БИОГЕОЦЕНОЛОГИЯ** зат. биол. *Тірі және өлі табиғаттың өзара қарым-қатынасы мен байланысын және олардың биосферадағы ғаламдық болмысын зерттейтін ғылым.*

**БИОГЕОЦЕНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. биол. *Биогеоценологияға тән, соған қатысты.*

**БИОГИДРОСФЕРА** [грек. bios – өмір, hydor – су, sphaira – шар] зат. *Гидросфера шегіндегі биосфераның бір түрі.*

**БИОГРАФИЯ** зат. *Өмір тарихы, өмірбаян.*

**БИОДЕГРАДАЦИЯ** [грек. bios – өмір, франц. degradation – төмендеу, құлдырау] зат. биол. *Биологиялық агенттердің әсерінен заттектер мен нысандардың өзіндік құрылымы мен қасиетін өзгертуі.*

**БИОЖОЙҒЫ** зат. *Бүкіл тірі ағзаны жоюға қабілетті агент, физикалық әсер.*

**БИОЗ** [грек. bios] *Тіршілікке, тіршілік процесіне байланысты айтылатын күрделі сөздердің сыңары.*

**БИОИНДИКАТОР** [грек. bios – өмір, лат. indicator – көрсеткіш] зат. биол. *Ағзалардың бір жерде тұрақты мекендеуі, олардың сандары, құрылымы мен дамуы, табиғи процестер мен тіршілік ортасы жағдайларының көрсеткіші.*

**БИОИНДИКАЦИЯ** зат. экол. *Табиғи және қалалық экожүйелердің тіршілік ерекшеліктеріне байланысты қоршаған ортаның сан-сапалық өзгерісін, жай-күйін, беталысын және өсімдіктер мен жануарлардың мінез-құлқын, беталысын, олардың санын, миграциясын зерттеп, бағалау.*

**БИОКЕҢІСТІК** зат. *Биологиялық кеңістік.*

**БИОКЕШЕН** [грек, bios – өмір, лат. complexus – байланыс] зат. биол. *Көптеген биогенеценоздың көлденең немесе тік тіркесуі.*

**БИОКЛИМАТ** [грек. bios – өмір, klima – еңіс, көлбеу] зат. экол. **1.** *Ағзалар мен олардың қауымдастығы түзетін микроклимат.* **2.** *Адамдарға, жалпы тірі ағзаларға әсер ететін ауа райы ерекшеліктері.*

**БИОКЛИМАТОЛОГИЯ** [bios – өмір, klima – еңіс, logos – ілім] зат. экол. *Ауа райының биологиялық нысандарға ықпалы туралы ілім.*

**БИОКОМБИНАТ** [грек, bios – өмір, лат. combinare – қосу] зат. биол. *Жануарлардың ауруларын емдеуге, анықтауға, алдын алуға арналған биологиялық препараттар дайындалатын өндіріс орны.*

**БИОКОСТЫҚ**: **биокостық заттар**. хим. *Мейлінше тұрақты, басым көпшілігі геохимиялық жолмен пайда болған тегі биологиялық заттар: торфтар, сапропельдер, таскөмір, жанғыш газдар, мұнай т.б.*

**БИОКӨКЖИЕК** [грек, bios – өмір, horizon – шектелген] зат. экол. *Биогеоценоздағы, яғни тіршілік экожүйесіндегі әртүрлі қабаттардың іс-әрекеттеріне қарай бөлінуі.*

**БИОКӨРСЕТКІШ** зат. экол. *Ортаның өзгерістері туралы, соның ішінде ластануы мен оның мөлшері туралы мәлімет бере алатын бір түрлік дарақ топтары немесе қауымдастығы.*

**БИОҚУАТ** зат. физ. *Тірі ағзаларға тән әртүрлі энергия түрлері.*

**БИОЛОГ** зат. биол. *Биология ғылымының маманы.*

**БИОЛОГИЗМ** зат. псих. *Адамның мінез-құлқын түсіндіріп сипаттауда биологиялық принциптерді негізге алатын бағыт.*

**БИОЛОГИЯ** [грек. bios – өмір, грек. logos – ілім] зат. биол. *Органикалық қасиеттердің пайда болуы мен даму заңдылықтарын*

*зерттейтін тірі табиғат туралы ғылым жиынтығы.*

**БИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Биологияға қатысты, биологияға тән.*

**Биологиялық айналым** биол. *Тіршілікте үздіксіз жүріп жататын биологиялық құбылыстардың кеңістікте белгілі бір тәртіппен қайталануы.* **Биологиялық активті нүктелер** биол. *Спектрлік әлеуеті, зат алмасуы, қызуы жоғары, электрлік кедергісі төмен, өте сезімтал жасушалардан тұратын денедегі ерекше нүктелер.* **Биологиялық әралуандылық.** биол. *Түрлердің белгілі бір аумақта, экожүйеде немесе тіпті ғаламшар бетіндегі әртүрлілігі.* **Биологиялық барлау.** әск. *Қарсыластың биологиялық қаруды қолдануын анықтауға, оны қолдану құралдары мен тәсілдерін, уыт түгызушыларының түрлерін, ауқымдарын (зақымдану ошағының шегарасы немесе қоздырғыштың жайылуы), зақымданған аудандардағы қауіптің сақталу ұзақтығын анықтауға арналған арнайы күштер мен құралдардың әрекеті.* **Биологиялық бейімделу.** биол. *Ағза түрлерінің өзін қоршаған экожүйедегі әртүрлі биоталық және абиоталық факторлар әсеріне бейімделуі.* **Биологиялық жағдай.** әск. *Қарсыластың биологиялық қаруды қолдануы салдарынан пайда болатын жағдайлардың жиынтығы.* **Биологиялық жарғақша** биол. *Жасушаның не оның құрама бөліктерінің қабықшасы.* **Биологиялық кедергі.** биол. *Ағзалардың жылыстауына кедергі болатын әртүрлі жағдайлар.* **Биологиялық кибернетика.** инф. *Биологиялық жүйелер мен зерттеу мен модельдеу мәселелерін қарастыратын кибернетика тарауы.* **Биологиялық қару.** әск. *Адамдарды, жануарларды ауыр дертке шалдықтыру арқылы қатардан шығаруға негізделген жаппай зақымдағыш қару.* **Биологиялық қорғаныш.** биол. *Ағзалардың кейбір түрлік даралтарының өзін-өзі қорғау үшін жеуге жарамсыз, улы болып көрінетіндей әр алуан алдамшы реңдерге (түстерге) боялуы.* **Биологиялық ластану.** биол. *Табиғи ортада адамға жағымсыз ағзалардың пайда болып, көбеюі.* **Биологиялық мелиорация.** су. *Дұрыс пайдаланбаудан бүлінген жердің құнарлылығын үдемелі түрде арттыруға, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін молайтуға бағытталған агротехникалық және мелиорациялық шаралар.* **Биологиялық мүжілу.** биол. *Тау жыныстары мен минералдардың өсімдіктер, жануарлар мен микроағзалардың тіршілік әрекеттері әсерінен үгіліп, мүжіліп, майда ұнтақтарға айналуы.* **Биологиялық оқ-дәрілер.** әск. *Ұрыстың биологиялық құралдары арқылы аэрозольмен ауаның жер үсті қабатын зақымдауға арналған құрылым, қару-жарақ.* **Биологиялық отын.** биол. *Жану үстінде энергия беруге қабілетті (ағаш сүрегі, шымтезек, балдырлар және т і с т і к. б.) кез келген биомасса.* **Биологиялық өнім қоры.** биол. *Аудан немесе көлем бірлігіне есептелетін органикалық заттектердің қауымдастықта жинақталған саны.* **Биологиялық препарат.** биол. *Адамдар, жануарлар мен өсімдіктердің түрлі ауруларын анықтауда, оларды емдеу және алдын алу мақсатында қолданылатын ерекше биологиялық қосылыстар.* **Биологиялық психатрия.** псих. *Мінез-құлықтың бұзылуының негізінен биологиялық, физикалық және нейрологиялық аспектілеріне жәнге фармакологиялық емдеуге мән беретін психиатриялық бағыт.* **Биологиялық ресурстар.** биол. *Тірі табиғат нысандарында жинақталған адамға қажетті материалдық және рухани байлықты алудың көздері мен алғышарттары.* **Биологиялық сағат.** биол. *Адамдар мен жануарлардың уақыт өлшемін бағдарлау қасиеті.* **Биологиялық тазарту.** биол. *Суда және топырақта зиянды әрекет ететін бөгде заттарды тірі ағзалардың көмегімен жою.* **Биологиялық тотығу.** хим. *Тірі организмдегі тотығу-тотықсыздану реакцияларының жиынтығы.* **Биологиялық фактор.** экол. *Өмірден туындаған, яғни негізі тікелей тірі организміне олардың қандай да болсын жиынтығы болып табылатын фактор.* **Биологиялық ырғақ.** а) биол. *Биологиялық процестер мен құбылыстардың қарқыны мен сипатындағы қайталанып отыратын өзгерістер реттілігі.* ә) псих. *Адамның психикалық белсенділігінің күшеюі мен бәсеңдеуінің кезектесуі.*

**БИОЛОКАТОР** зат. псих. **1.** *Биолокация бойынша маман, биолокаторшы, биооператор.* **2.** *Биолокация үшін жасалған аспап.*

**БИОЛОКАЦИЯ** [грек. bios – өмір, лат. locatio – орналастыру] зат. биол. *Жануарлардың өзінен таралатын физикалық толқындардың көмегімен кеңістіктегі өзінің не өзіне қатысты қандай да бір объектінің орнын анықтау қабілеті.*

**БИОМ** [ағыл. biome] зат. геогр. *Белгілі бір ландшафтылық-географиялық аймақта мекендейтін өсімдіктер мен жануарлар түрлері мен олардың тіршілік ету ортасының жиынтығы.*

**БИОМАССА** [грек. bios – өмір, лат. massa] зат. *Әртүрлі ағзалардың (популяция, бірлестіктер) тіршілік ететін мекенінің бірлік бетіне не көлеміне келетін жалпы массасы.*

**БИОМЕДИЦИНА** зат. мед. *Емдеу үшін жан-жануарлардан және өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектерді, ағзаның өзін-өзі ретке салатын механизмдерін қалпына келтіруді қолданатын медицинаның бір саласы.*

**БИОМЕДИЦИНАЛЫҚ** сын. *Биомедицинаға тән.*

**Биомедициналық этика.** мед. *Медицина мен денсаулық сақтау саласына ғылыми-техникалық прогрестің ықпалы арқасында пайда болған пәнаралық зерттеу аясы.*

**БИОМЕТРИЯ** [грек. bios – өмір, metron – өлшеу] зат. биол. *Ағзаны зерттеу үшін математикалық және статистикалық әдістерді қолдану әдісі.*

**БИОМЕХАНИКА** [грек. bios – өмір, грек. mechanike – машина жасау] зат. биол. *Тірі ағзаның және оның мүшелерінің механикалық қасиеттерін зерттейтін биофизика саласы.*

**БИОМӨЛШЕР** зат. *Ультракүлгіндік сәулеленудің ең аз өлшемі.*

**БИОНИКА** зат. *Техникалық құрылғылар мен жүйелерге (жасанды интеллект жүйеліріне) тірі табиғаттың принциптерін, қасиеттерін, міндеттері мен құрылымдарын қолдану тұрғысындағы қолданбалы ғылым.*

**БИОНТ** [грек. bion] зат. *Белгілі бір биотопта тіршілік етуге бейімделген жеке дара ағза.*

**БИОПА** [ир. ар. بي وفاء] сын. кітаб. *Опасыз, жалған.*

**БИОПРЕПАРАТ** зат. мед. *Емдеу үшін жан-жануарлардан және дәрілік өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектер.*

**БИООРГАНИКАЛЫҚ: биоорганикалық химия.** хим. *Органикалық заттар құрылысы мен олардың биологиялық функцияларының өзара байланысын зерттейтін ғылым.*

**БИООРТА** зат. биол. *Ағзалар қауымдастығымен түзілетін және өзгерілетін орта.*

**БИОӨЗГЕРІС** зат. биол. *Малшаруашылығында органикалық өсімдік массаларын жануарлар массаларына аударушылық.*

**БИОПОЛИМЕР** [грек. bios – өмір, polymeres – көптүрлі] зат. биол. *Жасушалары қайталанып келетін бірдей немесе әртүрлі көптеген мономерлерден түзілген, тіршілік үшін маңызы зор жоғары жасушалы табиғи қосылыстар.*

**БИОПСИЯ** [грек. bios – өмір, грек. opsis – қарау] зат. мед. *Аурудың сипатын анықтау үшін науқас адамның зақымданған тінін кесіп алып, морфологиялық әдіспен тексеру.*

**БИОРЕСУРС** зат. *Жануарлар мен өсімдік түрлерінің емдік, сауықтыру мақсатында пайдалануға қажетті қоры.*

**БИОРИТМОЛОГ** зат. биол. *Биоритмологияның маманы.*

**БИОРИТМОЛОГИЯ** зат. биол. *Биоритм туралы ғылым.*

**БИОСАЯСАТ** [грек. bios – өмір, politike – мемлекетті басқару ісі] зат. саяси. *Адамның саяси іс-әрекеттеріне баға беру үшін биология ғылымының жетістіктерін пайдаланатын саясаттану ғылымының саласы.*

**БИОСИНТЕЗ** [грек. bios – өмір, грек. synthesis – қосылу] зат. биол. *Тірі ағзаларда ферменттердің қатысуымен жай заттардан күрделі органикалық қосылыстардың синтезделуі.*

**БИОСТАТИСТИКА** [грек. bios – өмір, нем. Statistik – жағдайы] зат. пед. *Тірі ағзаларды статистикалық әдістерді зерттеуде қолданушылық.*

**БИОСТИМУЛЯТОР** зат. мед. *Ағзаның тіршілік ету әрекетін күшейтуге жағдай жасайтын биологиялық белсенді зат.*

**БИОСТИМУЛЯЦИЯ** зат. мед. *Биоактивті заттар мен арнайы құралдар арқылы қандай да бір ағзаның, процестің немесе жалпы ағзаның тіршілік етуіне жағдай жасау.*

**БИОСТРАТИГРАФИЯ** [грек. bios – өмір, лат. stratum – жаю, грек, grapho – жазамын] зат. геол. *Жердің шөгінді қабаттарының геологиялық жасын анықтау үшін олардағы жануарлар мен өсімдіктердің қазба қалдықтарының таралуын зерттейтін стратиграфия саласы.*

**БИОСТРАТИГРАФИЯЛЫҚ** сын. геол. *Биостратиграфияға тән, биостратиграфияға қатысты.*

**БИОСҮЗГІ** зат. *Ағынды суларды биологиялық әдіспен тазалау үшін салынған имарат.*

**БИОСФЕРА** [грек. bios – өмір, грек. sphaira – шар] зат. биол. *Жер ғаламшарының тіршілік тараған қабаты.*

**Биосфера қабаты.** биол. *Биосфераның көлденең оқшауланған бөлігі.* **Биосфераның ластануы.** биол. *Адамның іс-әрекетінің нәтижесінде биосферада зиянды заттар мөлшерінің көбеюі, жаңа химиялық қосылыстардың пайда болуы, температураның көтерілуінен ауа райының өзгеруі.* **Биосфераның тұрақтылығы.** биол. *Биосфераның әртүрлі сыртқы және ішкі әрекеттерге, оның ішінде адам әрекеттеріне өзгермей, қарсы тұру қабілет-қасиеттері.* **Биосфера шекарасы.** биол. *Тіршіліктің өсіп-өніп, көбеюіне мүмкіндігі бар қабат.* **Биосфера эволюциясы.** биол. *Тірі ағзалардың пайда болуынан бастап, қазіргі биосфера қабатының толық қалыптасу аралығындағы ұзақ уақытты қамтитын биологиялық процесс.* **Биосфера экологиясы.** биол. *Биосферадағы экожүйені, оның тұрақтылығын, ондағы жүріп жатқан процестер мен адам факторының маңызын зерттейтін кешенді ғылым.* **Биосфера энергетикасы.** биол. *Биосфера мен ғарыштық кеңістік арасындағы жылулық, энергетикалық теңдестік, экожүйелердегі энергетикалық процестер, тірі заттектегі антиэнтропиялық процестер.*

**БИОСФЕРАЛЫҚ** сын. *Биосфераға тән, биосфераға қатысты.*

**Биосфералық қорық.** биол. *Жер шарындағы ерекше табиғат байлықтары бар ауқымды аймақтарды қорғау мақсатында ұйымдастырылатын қорықтар.*

**БИОСФЕРОЛОГИЯ** зат. биол. *Биосфера туралы ғылым.*

**БИОСЫНАМА** зат. биол. <лат. biosopsia, грек. bios – өмір және opsis – түр> *Тірі жануарлар ағзаларымен микроскоптық зерттеуге алынған мүшелер мен ұлпалардың ұсақ кесіндісі.*

**БИОТА** [грек. biote] зат. *Белгілі бір аумақта тіршілік ететін әртүрлі өсімдіктер мен жануарлардың тарихи қалыптасқан топтары.*

**БИОТАЗАРТУ** зат. биол. *Су мен топырақты сүзілуге немесе осы қоспаларды ыдыратуға және орнатуға, бастапқы қасиетін қалпына келтiруге ықпал етуші тірі ағзалардың көмегімен бөгде және зиянды агенттерден тазарту.*

**БИОТАЛЫҚ** сын. *Биотаға қатысты, биотаға тән.*

**БИОТЕЛЕМЕТРИЯ** зат. *Ағзаның тіршілік функцияларын сипаттайтын көрсеткіштерді арақашықтықтан анықтау, белгілеу.*

**БИОТЕРАКТ** зат. *Биологиялық қару-жарақты қолдану арқылы жүргізілген лаңкестік акт.*

**БИОТЕРРОРИЗМ** зат. *Биологиялық қару-жарақты қолдану арқылы жүргізілген террористтік актілер, биолаңкестік.*

**БИОТЕРРОРИСТ** зат. *Ерекше қауіпті инфекция қоздырғыштары бар қаруды қолданатын лаңкес.*

**БИОТЕХНОЛОГ** зат. *Биотехнология маманы.*

**БИОТЕХНОЛОГИЯ** [грек. bios – өмір, techne – өнер, грек. logos – ілім] зат. биол. *Биологиялық нысандар мен биологиялық процестердің негізінде адамзатқа қажетті өнімдер алудың тиімді технологиясын жасауға бағытталған ғылым мен өндіріс саласы.*

**БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. биол. *Биотехнологияға тән, биотехнологияға қатысты.*

**БИОТЕЛЕМЕТРИЯ** [грек. bios – өмір, грек. tele – алыс, грек. metron –өлшеу] зат. *Түрлі биологиялық құбылыстар мен процестер көрсеткіштерін қашықтықтан өлшеу тәсілі.*

**БИОТЕХНИК** зат. *Биотехника маманы.*

**БИОТЕХНИЯ** [грек, bios – өмір, грек, techne – өнер] зат. биол. *Жабайы аңдардың санын көбейтіп, оларды қорғаудың жолын іздестіру, аңдардан алынатын өнімнің сапасын жақсарту мақсатында зерттеулер мен іс-тәжірибелік шараларды жүзеге асыратын аң шаруашылығының саласы.*

**БИОТЕХНИЯЛЫҚ** сын. биол. *Биотехнияға тән, биотехнияға қатысты.*

**БИОТИН** [грек, bios] зат. биол. *Су мен спиртте жақсы еритін түссіз кристалды зат.*

**БИОТИП** [грек. bios – өмір, typos – түр, үлгі] зат. *Популяциядағы генотиптері ұқсас даралар жиынтығы.*

**БИОТИТ** зат. геол. *Кең тараған жыныс түзуші минерал; күңгірт қара-қоңыр немесе жасылдау қоңыр магнезиал-темірлі слюда.*

**БИОТОК** зат. физ. *Электромагниттік тербелістер, жасушалардағы, адам, жануар ұлпаларындағы импульстер; биоэлектрлік импульстер.*

**БИОТОП** [грек. bios – өмір, topos – мекен] зат. биол. *Биоценоздың рельефі, ауа райы жағдайы шамамен біркелкі болып келетін құрлықтағы немесе судағы алатын орны.*

**БИОТӨСЕМ** зат. экол. *Тірі ағзалардың негізгі массалары шоғырланған және бүкіл экологиялық құрауыштардың бір-бірімен белсенді қатынаста болатын биосфера қабаты.*

**БИОФИЗИКА** [грек. bios – өмір, грек. physike – табиғат] зат. биол. *Тірі ағзаларда жүретін физикалық және физикалық-химиялық процестерді, сондай-ақ биологиялық жүйелердің ультрақұрылымын зерттейтін ғылым.*

**БИОХИМИК** зат. хим. *Биохимия ғылымының маманы.*

**БИОХИМИЯ** [грек. bios – өмір, chimia – заттектер туралы ғылым] зат. хим. *Жанды заттар мен өсімдіктер ағзасындағы тұрақты химиялық зат алмасу процестерін зерттейтін ғылым саласы.*

**БИОХИМИЯЛЫҚ** сын. хим. *Биохимия ғылымына тән, соған қатысты.*

**Биохимиялық көрсеткіш.** экол. *Ластану көрсеткіші.*

**БИОХОР** [грек. bios – өмір, chora – кеңістік] зат. биол. *Ұқсас биотоптар жиынтығы, тіршілік аймағы.*

**БИОЦЕНОЗ** [грек. bios – тіршілік, koinos – жалпы] зат. биол. *Құрлықтың немесе судың белгілі бір бөлігін мекендейтін, сондай-ақ өзара және тіршілік ортасының табиғат жағдайына бейімделген жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар, микроағзалар жиынтығы.*

**БИОЦЕНОЛОГИЯ** зат. биол. *Биоценоз туралы ғылым, оның құрамы, құрылымы, ішкі және сыртқы байланыстары, дамуы мен өнімділігі, пайдалану және қорғау мәселелері.*

**БИОЭКОЛОГИЯ** зат. биол. *Тірі ағзалар және олардың мекен-жайларымен қарым-қатынастары туралы ғылым.*

**БИОЭНЕРГЕТИКА** [грек. bios – өмір, lnergeia – әрекеті] зат. биол. *Тірі ағзалардағы энергияның бір түрден екінші түрге айналу заңдылықтарының молекулалық негіздері мен механизмдерін зерттейтін ғылым.*

**БИОЭНЕРГОТЕРАПЕВТ** зат. психол. *Биоэнерготерапия бойынша маман, дәрігер.*

**БИОЭНЕРГОТЕРАПИЯ** зат. психол. *Экстрасенстің, биоэнергетиктің биоэнергиялық әсерімен, биоэнергия көмегімен ауруларды емдеуі.*

**БИОЭТИКА** [грек, bios – өмір, лат. ethica – дәстүр] зат. *Биологиядағы этикалық мәселелерді қарастыратын ғылым.*

**БИОЭТИКАЛЫҚ** сын. *Биоэтикаға қатысты, биоэтикаға тән.*

**БИӨЛШЕУ** сын. *Мөлшерсіз, шектен тыс.*

**БИПАЗ** сын. **1.** *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* **2.** *Биязы, сыпайы.*

**БИПАЗДА=** ет. *Баптау, мәнеріне келтіру, әдемілеу.*

**БИПАЗДАН=** ет. *Әдемілену, баптану, жайбарақаттану.*

**БИПАЗДАТ=** ет. *Созу, асықпау, алдаусырату.*

**БИПАЗДАУ** сын. *Шаруаға ыңғайлылау, икемділеу.*

**БИПАЗДАУ=** ет. *Бипазда етістігінің қимыл атауы; бүркеу, жасыру.*

**БИРУБАР** зат. көне. *Алла тағала.*

**БИПАЗДЫҚ** зат. *Жайбасарлық, жайбарақаттық.*

**БИПАЛАҚТА=** ет. *Тездету, жылдамдату.*

**БИПАН** зат. өс. *Қауырсын тәрізді салалы келетін жапырақтары көп, сабағы болмайтын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БИПАҢ** сын. *Жай, бәсең.*

**БИПАҢДА=** ет. сөйл. **1.** *Теңселу, жай қозғалу.* **2.** *Жағымпаздану, жағыну, көлгірсу.*

**БИПАҢДАТ=** ет. *Көлгірсіту, маймөңкелеу.*

**БИПАҢДАТУ** *Бипаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БИПАРАСАТ** [ир. ар. بي فراست] сын. *Парасаты жоқ, парасатсыз.*

**БИПАТРИД** [лат. bi – қос, екі, грек. patris – отан] зат. қоғ. *Қос не көп азаматтыққа ие адамдар.*

**БИПАТРИЗМ** зат. құқық. *Көпазаматтық.*

**БИПЕДАЛИЗМ** [грек. bi – екі, қос, лат. pes – аяқ] зат. биол. *Екі аяқпен басып орын ауыстыру, жүру; қосаяқтық.*

**БИПЕРЗЕНТ** [ир. بي فرزند] зат. *Перзентсіз, баласыз, ұрпақсыз.*

**БИПИНАРИЯ** зат. *Теңіз жұлдыздарының екіжақты симметриялы дернәсілі.*

**БИПЛЕКСЕР** [лат. biplexer] зат. инф. *Мәліметтерді жеткізудің жоғары жылдамдықты арнасы.*

**БИПЛЕКСОР** зат. *Тура және кері бағыттарда берілетін сигналдарды екі арналы тығыздау үшін керекті құрылғы.*

**БИПОЛЯРЛЫҚ** сын. саяси. *Әлемдік саяси күштердің қосполюстік құрылымын танытатын саяси термин.*

**БИПЫЛ** зат. сөйл. ***Бейпіл.***

**БИПЫЛДАТ=** ет. *«Бипыл» деп қайталай беру; сырнайды нақышына келтіріп тарту.*

**БИПЫЛ-ТИПЫЛ** елік. *Теңселіп, ырғалып-жырғалған жүрісті бейнелейтін сөзқолданыс.*

**БИПЫҢДА=** ет. *Бипың-бипың ету.*

**БИПЫҢДАТ=** ет. *Бипың-бипың еткізу.*

**БИПЫҢДАТУ** *Бипыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БИПЫҢДАУ** *Бипыңда етістігінің қимыл атауы.*

**БИРЖА** [нем. Borse] зат. экон. **1.** *Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы негізінде тауар ақша және тауар-айырбас операцияларын еркін қалыптастырып, реттеп отыратын негізгі рыноктық құрылым.* **2.** *Мемлекеттің бақылауымен тұрақты жұмыс істейтін рынок нысанындағы мемлекеттік немесе акционерлік мекеме.*

**Биржа айналымы**. экон. *Белгілі бір кезеңде биржада жасалған мәмілелер көлемі.* **Биржа аппараты**. экон. *Биржаларда бағалы қағаздарды сатудың соңғы бағамын және бағалы қағаздармен байланысты мәміленің көлемін ұдайы беріп тұратын телеграфтық байланыс жүйесі.* **Биржа аукционы**. экон. *Биржада тауарлар сатудың түрі.* **Биржа бағасы**. экон. *Биржа мекемелері жасаған келісімдерді ескере отырып, белгіленген құнды қағаздар (акциялар мен облигациялар) мен тауарлар бағасы.* **Биржа бажы.** экон. *Биржа комитеті биржа мүшелерінен және клиенттерінен биржа мәмілесін жасасқаны үшін алатын төлемақы.* **Биржа дағдарысы.** экон. *Экономикалық дағдарыстың немесе ерекше бір саяси жағдайлардың салдарынан құнды қағаздар (акция, облигация) биржасында орын алатын дағдарыс.* **Биржа делдалдары**. экон. *Қор, валюта биржаларында делдалдық қызмет атқаратын адамдар немесе фирмалар.* **Биржа дүрлікпесі**. экон. *Биржа дағдарысының өте шиеленіскен кезеңі.* **Биржа мүшесі**. экон. *Биржа капиталында үлеспұлы бар заңды тұлға немесе жеке адам.* **Биржа саудасы**. экон. *Биржа делдалдығы арқылы тауарлармен және бағалы қағаздармен сауда жасау.*

**БИРЖАЛЫҚ** сын. экон. *Биржаға тән, биржаға қатысты.*

**Биржалық конъюнктура.** экон. *Биржада қалыптасқан жағдай.* **Биржалық курс.** экон. *Биржада құралған бағалы қағаздардың (акциялар, облигациялар) сатылу бағасы.*

**Биржалық мәміле.** заң. *Биржалық сауда кезінде қатысушылар тауарға қатысты жасасатын және онда тіркелетін шарт (келісім).*

**БИРЖАШЫ** зат. экон. *Биржа иесі.*

**БИРЮЗА** [ир. pirosa] зат. хим. *Фосфаттар тобының минералы.*

**БИСАҒАТ** [ир. ар. بي ساعة] зат. *Мезгілсіз, сәтсіз.*

**БИСАР** [парсы] сын. көне. *Қамсыз, уайым-қайғысыз.*

**БИСАТ** зат. көне. *Кілем.*

**БИСАЯСАТ** сын. ***Бейсаясат.***

**БИСАЯСАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Бейсаясаттық.***

**БИСАЯСАТШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Бейсаясатшылдық.***

**БИСКВИТ** [франц. biscuit] зат. тамақ. *Қант пен жұмыртқа қосып иленген ұннан дайындалатын кондитерлік тағам.*

**Бисквит қамыры.** тамақ. *Ұн, жұмыртқа мен қант қосып иленетін қамыр.*

**БИСКВИТТІ** сын. тамақ. *Бисквиттен жасалған, бисквит қамырынан дайындалған.*

**Бисквитті орама.** тамақ. *Піскен бисквиттің үстіне повидло, крем не тосап жағып, оралып жасалатын кондитерлік өнім.* **Бисквитті таяқша.** тамақ. *Бисквит қамырын конус тәрізді қалтаға салып, металл түтікшемен табаға таяқша түрінде салып пісірілетін кондитерлік өнім.*

**БИСМИЛЛА** [ар. بسم الله] од. діни. ***Бісміллә.*** *Бір Алланың атымен, Аллаға сыйынып деген мәндегі сөзқолданыс.*

**Бисмилла деп.** *Бір Аллаға сыйынып, Алланы еске алып.* **Бисмилла иррахман ирраһим.** *Аса рақымды, шапағатты, рақымды Алланың атымен.*

**БИССЕКТРИСА** [франц. bissectrice] зат. геом. ***Жарма*** *(бұрыштың төбесі арқылы өтіп, оны қақ бөлетін түзу сызық).*

**БИСЫМАҚ** зат. экспр. *Би болғансымақ, биге ұқсаған.*

**БИСІН=** ет. *Би болғансу, өзін биге санау.*

**БИССА** зат. зоол. *Еті жеуге жарамсыз, тек сауыты үшін ауланатын теңіз тасбақаларының бір тұқымдасы.*

**БИССИНОЗ** [грек. byssos] зат. мед. *Көп уақыт мақта тозаңымен дем алғанда пайда болатын өкпе ауруы (пневмокониоз ауруының бір түрі).*

**БИТ**[1] зат. **1.** *Жан-жануарлардың қанын соратын жәндік.* **2.** зоол. <лат. anoplura> *Адам мен сүтқоректілердің қанын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер отряды.* **3.** зоол. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды жәндік.* **4.** ауыс. *Жатыпішер, арамтамақ.*

**Бит астындағы сыр.** *Құпия, бейтаныс, жасырын.* **Бит басты.** *Биттеді, бит қаптады.* **Бит буды.** *Бит қаптап, қышытты, дуылдатты.* **Бит жеді.** *Биттеді, бит басты.* **Битке өкпелеп, тонды отқа салды [өртеді].** *Болмашыға ренжіп, үлкен несібеден айырылды.* **Битке пышақ суырғандай.** *Түймедейді түйедей ететін, болмашы нәрсеге бола бүлінетін.* **Бит қарағандай.** *Асықпай, аспай-саспай, мұқият, ұзақ.* **Бит қарады.** *Битінен тазалады.* **Бит қарасты.** *Биттерін тазаласты.* **Бит талады.** *Бит шақты, мазаны алды.* **Бит терісінен биялай жасайтын.** *Жоқтан құрап бар ететін үнемшіл де шебер.* **Биттің қабығындай.** *Өте жұқа.* **Бит шаққандай болмады.** *Болмашы, түкке тұрғысыз болды.* **Бит шаққандай [шаққан ғұрлы] білінбеді [көрінбеді].** *Түк сезілмеді, еш әсері болмады, әсер етпеді.* **Бит шаққандай көрмеді.** *Елемеді, ойына кіріп шықпады, мән бермеді.* **Бит шаққан құрлы.** *Болмашы, түкке тұрғысыз; ешқандай, ешбір.* **Битін салды.** *Жан-тәнімен, құныға кірісті.* **Битін сығып, қанын жалады.** *Жарымады, жалаңдады, жоқшылықпен күнін өткізді.* **Битін сығып, отқа қарады.** *Жалаңдады, жалмаңдады.* **Бит ішіне қан құйды.** *Құлықтың сан тәсілін білді, құлыққа басты, алдады.*

**БИТ**[2] [ағыл. bit] зат. инф. *Компьютер жадының көлемі мен аппарат санын өлшеуге арналған ең кішкене бірлік.*

**БИТА=** ет. *Гөйіту, қатты жүріске, салу, басу.*

**БИТАНЫС** сын. сөйл. ***Бейтаныс.***

**БИТАНЫСТАУ** сын. сөйл. *Бейтаныстау, онша таныс емес, белгісіз.*

**БИТАРАП** үст. сөйл. ***Бейтарап.***

**БИТАРАПТЫҚ** зат. сөйл. ***Бейтараптық.***

**БИТАП** [ир. بي تاب] сын. көне. ***Бейжай, көңілсіз.***

**БИТБАЗАР** зат. *Ұсақ-түйек сатылатын базар.*

**БИТ-БҮРГЕ** зат. *Бит, бүрге сияқты зиянды жәндіктер.*

**БИТТЕ=** ет. **1.** *Бит түсу, бит қаптау.* **2.** *Азып-тозу, жүдеп-жадау.*

**БИТТЕЙ** сын. **1.** *Бит сияқты кішкентай ғана, кішірек.* **2.** ауыс. *Сәл, азғана, болар-болмас.* **3.** ауыс. *Ешқандай, еш, ешбір, мүлде.*

**Биттей де нәрсе (нышан) қалған жоқ.** *Дәнеңе, ештеңе қалған жоқ.*

**БИТТЕП-ҚҰРТТА=** ет. *Үсті-басы кірледі, жүдеп-жадады, азып-тозды.*

**БИТТЕП-ҚҰРТТАУ** *Биттеп-құртта етістігінің қимыл атауы.*

**БИТТЕТ=** ет. *Бит түсіру.*

**БИТТЕТУ** *Биттет етістігінің қимыл атауы.*

**БИТТЕТІП-ҚҰРТТАТ=** ет. *Әбден биттету, аздырып-тоздыру.*

**БИТТЕТІП-ҚҰРТТАТУ** *Биттетіп-құрттат етістігінің қимыл атауы.*

**БИТТЕУ** *Битте етістігінің қимыл атауы.*

**БИТТІ** сын. *Биті бар, бит түскен.*

**Битті қызыл көз.** *Кірпігінің түбі қызарып, түйіршіктелген, сіркеленген.*

**БИТТІК** сын. инф. *Битке тән, битке қатысты.*

**Биттік бейнелеу.** инф. <ағыл. bit mapping> *Екілік разрядтың көмегімен екі объектінің өзара тәуелділігін көрсету тәсілі.* **Биттік жиым.** инф. <ағыл. bit map> *Әрбір элементіне жадтың бір немесе бірнеше разряды сәйкес келетін мәліметтерді ұсыну.* **Биттік жол.** инф. <ағыл. bit string> а) *Биттер тізбекшесі.* ә) *Екілік нөлдер мен бірлердің тізбегі.* **Биттік карта.** инф. *Арнайы түрде берілген және компьютер жадында немесе сыртқы құрылғыда сақталатын графикалық құрылғыдағы кескін бейне.* **Биттік конфигурация.** инф. <ағыл. bit configuration> *Мәліметтерді жеке биттердің жиынтығы ретінде ұсыну.* **Биттік матрица.** инф. <bit matrix> а) *Әрбір элементі 0 және 1 мәнін қабылдайтын матрица.* ә) *Әрбір элементі 0 немесе 1-ге тең болатын екі өлшемді жиым.*

**БИТУМ** [лат. bitumen] зат. хим. *Көбіне күкірт, оттек т.б. элементтермен араласқан көмірсутектің жалпы аты.*

**БИТУМДА=** ет. хим. *Жер астындағы жарықшақтарды, қуыстарды ыстық битуммен толтырып, тығыздап, су өтпейтін ету.*

**БИТУМДАУ** *Битумда етістігінің қимыл атауы.*

**БИТУМДЫ** сын. хим. *Битум араласқан.*

**БИТУМДЫҚ** сын. хим. ***Битумды.***

**БИТШЕ** үст. *Битке ұқсап, бит сияқтанып.*

**БИТШӨП** зат. өс. *Сіркешөп.*

**БИТІМАНДАЙ** сын. сөйл. *Кіп-кішкентай, биттей, болмашы, титтей.*

**БИТІМДЕЙ** сын. сөйл. *Кішкентай, титтей.*

**БИТІП** үст. сөйл. *Бұлай етіп етістігінің қысқарған түрі.*

**БИФИДОБАКТЕРИЙЛЕР** [лат. bifidus] зат. мед. *Көбіне ауру жұқтырғыш және шіріткіш микробтардың дамуын басатын, ағзаның ауруға қарсы тұру қабілетін арттырып, зат алмасу процестерін жақсартатын, белсенді заттар бөлетін сүтқышқылды бактериялардың бір түрі.*

**БИФИЛЯРЛЫ** [грек bi – екі, лат. filum – жіп, сым] зат. тех. *Екі жіптен немесе екі сымнан тұратын.*

**БИФУРКАЦИЯ** [лат. bifurcus] зат. саяси. *Тұрақталған саяси жүйенің ауысуы.*

**БИФШТЕКС** [ағыл. beefsteaks] [ағыл. beetsteacs] зат. *Біртұтас, жұқа етіліп кесілген сиыр етінен майға қыздырылып пісірілген тағам.*

**БИХАБАР** сын. сөйл. ***Бейхабар.***

**БИХАБАРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Бейхабарлық.***

**БИХАЛ** [ир. ар. بی حال]. сын. ***Шарасыз.***

**БИХАМДИЛЛА** [ар. بحمد الله] үст. *Аллаға мадақ айта отырып, Алланың мадағымен.*

**БИХАРЛЫҚ** зат. *Үндістанның Бихар штатында тұратын халықтар тобы.*

**БИХЕВИОРИЗМ** [лат. behaviour] зат. психол. *Адам мен жануарлардың мінез-құлқы, болмысы сыртқы ортаның әсеріне ағзаның берген реакциясының нәтижесінде түзіледі деп түсіндіретін психологиядағы бағыт.*

**БИХИСАП** [ир. ар. بي حساب] сын. сөйл. *Сансыз, қисапсыз, есепсіз көп, биқисап.*

**Бихисап етті.** *Көп қылды, үйіп-төкті, мол етті.*

**БИХРОМАТТАР** [грек. bi – екі, chroma – түс] зат. хим. *Екі хромды қышқыл тұздары.*

**БИХУЛ: бихул болды.** ескі кіт. *Ойлады, сенді, иланды, нанды.*

**БИХҮШ** [ир. بيهوش ] үст. 1. *Көңіл құшы болмай. 2. Ессіз.* **Биһүш болу.** *Естен тану, ессіз құлау.*

**БИҺТАР** [ир. ] үст. көне. *Бетер, артық.*

**БИҺҰДА** [ир. بهتر] үст. көне. *Бекерге, мәнсіз, беталбаты.*

**БИШАРА** сын. сөйл. ***Бейшара.***

**БИШАРАЛАУ** сын. сөйл. ***Бейшаралау.***

**БИШАРАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Бейшаралық.***

**БИШАРАРАҚ** сын. сөйл. ***Бейшаралау.***

**БИШЕ**[1] зат. *Бидің баласы.*

**БИШЕ**[2] үст. *Биге ұқсап, би секілденіп.*

**БИШЕҚОР** сын. Сорлы, бейнетқор

**БИШЕМЕН** үст. көне. *Қайғылы.*

**БИШЕҢ** сын. *Биге құмар, биді ұнататын.*

**БИШОФИТ** зат. хим. *Галогендер тобына жататын минерал.*

**БИШІ**[1] зат. *Би өнерімен шұғылданушы, биді шебер билеуші. // Жиі қозғалатын, тербелетін, майысатын.*

**Биші торғай.** зоол. *Торғай тәрізділер отрядына жататын шағын денелі сайрағыш құс.* **Биші шақшақай.** зоол. *Торғай тәрізділер отрядына жататын, дене тұрқы 20 см, оның жартысына жуығы құйрығының үлесіне түсетін сайрағыш құс.*

**БИШІ**[2] зат. спорт. *Велосипед спортында ұзақ жүретін тік және құлама асулардан асқан кезде қолданылатын техникалық әдіс.*

**БИШІГЕШ** сын. сөйл. ***Бишікеш.***

**БИШІГЕШТЕУ** сын. эксп. *Әкімсымақтау, бисымақтау.*

**БИШІДЕЙ** сын. *Биші сияқты, биші тәрізді.*

**БИШІК** зат. *Көлікті айдау, мал қайыру үшін таспадан, қайыстан еріліп жасалған қамшыдан ұзындау келген сабы бар құрал.*

**Бишік жеу.** *Таяқ жеу, бишіктің астында қалу.* **Бишік иірді.** *Бишікті әрлі-берлі сермеді.*

**БИШІКЕШ** сын. экспр. *Әкімсымақ, бисымақ.*

**БИШІКТЕЙ** сын. *Бишік сияқты, бишік тәрізді.*

**БИШІКШЕ** үст. *Бишік тәрізді, бишікке ұқсап.*

**БИШІЛ** сын. *Билегенді ұнататын, биге әуес.*

**БИШІЛДІК** сын. *Би өнеріне жетік, би билейтін.*

**БИШІЛІК** зат. *Би билеушілік.*

**БИЫЛ** үст. *Осы жыл, ұстіміздегі жыл.*

**БИЫЛҒЫ** сын. *Осы жылғы, ұстіміздегі жылғы.*

**Биылғы жыл.** *Осы жыл, ұстіміздегі жыл.* **Биылғы жылғы.** *Осы жылғы, ұстіміздегі жылдағы.*

**БИЫЛҒЫДАЙ** сын. *Осы жылғыдай.*

**БИЫЛДАР** үст. сөйл. *Соңғы жылдарда, осы жылдары, ұстіміздегі жылы.*

**БИЫЛДЫҚҚА** үст. *Осы жылға, осы жылдың ішінде.*

**БИЫЛША** үст. *Осы жыл біткенше, осы жылдың ішінде.*

**БИІГІМСІ=** ет. экспр. *Биік болғансу, өзін зор санау, мығымсу.*

**БИІГІРЕК** сын. *Биіктеу. //Биіктеу жер, орын.*

**БИІГІРЕКТЕ=** ет. *Жоғарылау, көтерілу.*

**БИІГІРЕКТЕТ=** ет. *Жоғарылату, көтеру.*

**БИІГІРЕКТЕТІҢКІРЕ=** ет. *Бұрынғыдан да жоғарылатыңқырау, көтеріңкіреу.*

**БИІГІРЕКТЕУ** сын. *Бұрынғысынан да биігірек, әлдеқайда биік.*

**БИІК** сын. **1.** *Төмен емес, жоғары. // Жоғары жер, жоғары жақ.* **2.** *Асқар, зәулім. // Таудың басы. // Асылы, бары, нәрі, маңызы. // Табыс, жоғары деңгей, дәреже, асу, белес.* **3.** *Тапал, аласа емес, көтеріңкі.* **4.** *Зор, ұзын.* **5.** муз. *Жіңішке (дауыс).* **6.** ауыс. *Үлкен, еңгезердей.* **7.** ауыс. *Атағы зор, мәртебелі, дәрежелі.* **8.** ауыс. *Жетілген, дамыған.* **9.** ауыс. *Деңгейі, шамасы жоғары.* **10.** *Қадірлі, қастерлі. // Өре, деңгей, дәреже.*

**Биік бағалады.** *Жоғары қойды, жоғары бағалады, қадірледі.* **Биік дәреже.** *Жоғары деңгей.* **Биік дәрежелі.** *Жоғары деңгейлі.* **Биік етті.** *Көтерді, жоғарылатты.* **Биік қойды.** *Артық санады, жоғары қойды.* **Биік лауазымды қызмет.** *Жоғары дәреже, мансап, мәртебелі қызмет.* **Биік мансап.** *Мәртебелі, жоғары атақ, дәреже.* **Биік маңдай.** *Кең маңдай.* **Биік маңдайлы.** *Кең маңдайлы.* **Биік мәртебе.** *Жоғары деңгей, дәреже.* **Биік моральдық құндылық.** пед. *Жоғары адамгершілік идея.* **Биік мұрат.** экспр. *Асыл мақсат, мұрат.* **Биік өкше [өкшелі].** *Тақасы қалың, тақалы (аяқкиім).* **Биік парасат.** *Үлкен адамгершілік.* **Биік санады.** *Жоғары қойды, бағалады.* **Биік талап.** *Қатал талап, үлкен талап.* **Биік талғам.** *Жоғары талғам.* **Биік тау климаты.** экол. *Атмосфералық қысымның, ауа температурасы ылғалдылығының төмен мәндерімен, ауаның тазалығымен, Күн радиациясының көтеріңкі жеделдігімен (әсіресе ультракүлгін) және пәрменді сәулеленуімен сипатталатын ауа райы.* **Биік таумен [көкпен, аспанмен] таластырды.** *Өте биік, зәулім етті.* **Биік тау шөлі.** экол. *Құрғақ салқын климатты биік таулы қыраттарда түзілетін салқын шөлдің түрлері.* **Биік тегеурінгүл.** өс. <лат. delphinium elatum> *Биіктігі 80–350 см, сабағы тықыр, сырты тікенекті, жапырақтарының пішіні дөңгелек не жүрек тәрізді, жиектерінде кірпік сияқты түктері бар, сағақтары ұзын, гүлдері қос жынысты, көк, қошқыл, қою қоңыр түсті болып өсетін шөптесін өсімдік.* **Биік тұрғы.** а) *Тау қырқасының ең биік жері.* ә) *Белгілі бір нәрсенің межесі.* **Биік шен.** *Атақ, лауазым.* **Биік шытырақ.** өс. <лат. lycopus exaltatus> *Биіктігі 50–100 см, төсемелі жуан тамырсабақты, сабағы тік, төрт қырлы, жапырағы сопақша, қысқа сағақты, гүлі көп, ақ түсті өсімдік.*

**БИІКПАЗ** сын. *Жоғары дәрежелі, биік мәртебелі.*

**БИІКСІН=** ет. *Биік сияқтану.*

**БИІКТЕ=** ет. **1.** *Биікке өрлеу, жоғарылау.* **2.** *Асқақтау.* **3.** *Көтеріңкілеу, көтерілу.* **4.** *Ұзару, ұлкею, өсу.* **5.** *Қалыңдату, қомпайту.* **6.** ауыс. *Алға басу, өсу, даму, өрлеу, жетілу.* **7.** ауыс. *Еңсесі көтерілу, жадырау.*

**БИІКТЕГІШ** сын. *Алға басқыш, өрлегіш.*

**БИІКТЕЛ=** ет. *Көтерілу, көтеріңкілеу.*

**БИІКТЕН=** ет. *Ұзару, өсу.*

**БИІКТЕТ=** ет. **1.** *Көтеріңкілеу, көтеру.* **2.** *Ұзарту, ұлкейту.* **3.** *Қалыңдату, қомпайту.* **4.** ауыс. *Абыройлы ету, мерейін ұстем қылу.* **5.** ауыс. *Жетілдіру, дамыту.*

**БИІКТЕТТІР=** ет. *Биік еткізділу.*

**БИІКТЕТТІРУ** *Биіктеттір етістігінің қимыл атауы.*

**БИІКТЕТУ** *Биіктет етістігінің қимыл атауы, көтеру, көтеріңкілеу.*

**БИІКТЕТІЛ=** ет. *Жоғары көтерілу, көтеріңкілеу.*

**БИІКТЕТІЛУ** *Биіктетіл етістігінің қимыл атауы.*

**БИІКТЕТІҢКІРЕ=** ет. *Сәл биіктету, жоғарылату.*

**БИІКТЕТІҢКІРЕТ=** ет. *Биіктете түсу, жоғарылату, ыңқырау.*

**БИІКТЕУ**[1] сын. *Биігірек, сәл биік.*

**БИІКТЕУ**[2] *Биікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғары көтерілу.* **2.** *Ұзару, өсу.* **3.** ауыс. *Даму, жетілу, өркендеу, көркею.*

**БИІКТІК** зат. **1.** *Заттың тігінен алғанда жоғарылығы, зәулімдігі, ұзындығы.* **2.** *Жоғары жақ.* **3.** геом. *Фигуралардың төбесінен түсірілген перпендикуляр кесінді, яки осы кесіндінің ұзындығы.* **4.** геогр. *Жер бедеріндегі жеке элементтердің тік бағытта орналасу шамасы.* **5.** астр. *Аспан шырағының горизонтальы координаттар жүйесіндегі координатының бірі.* **6.** муз. *Дыбыстың сапасы, дыбыс көзінен шыққан тербеліс жиілігін есту мүшесінің қабылдау формасы.* **7.** псих. *Жеке тұлғаның ақыл-парасатының кемелдігін, мінез байлығын білдіретін ұғым.* **8.** ауыс. *Аспан, көк, әуе.* **9.** ауыс. *Зор болушылық, асқақтық.*

**Биіктік ауруы.** мед. *Биік тауға шыққанда не ұшақпен жоғары көтерілген кезде ауада оттегінің ұлестік қысымының күрт төмендеп кетуінен болатын сырқат.* **Биіктік белгісі.** кен. *Алғашқы қабылданған жазық беттен вертикаль бойынша белгілі бір нүктеге дейінгі аралықты білдіретін шама.* **Биіктік белдеулігі.** а) экол. *Таудағы кейбір табиғи көрсеткіштері (немесе олардың қосындылары) бойынша біртекті болатын биіктік белдеуі.* ә) геогр. *Теңіз деңгейінен есептегендегі биіктіктің артуына қарай тауларда табиғат жағдайларының өзгеруі.* **Биіктік компенсаторы.** кен. *Өздігінен жылжуын қамтамасыз ету үшін жеке вагоншаларды биікке көтеруге арналған тетік.* **Биіктік өлшеуіш.** әск. *Ұшудың биіктігін көрсететін пилотажды-навигациялық аспап.* **Биіктік тұтқасы.** әск. *Ұшу аппаратаның бойлай ұшу бағытын басқаруға, яғни жоғарылы-төменді маневр жасауға арналған көлденең тұтқа.* **Биіктіктегі ядролық жарылыс.** әск. *Тропосфера шекарасынан жоғарыда жасалған жарылыс.* **Биіктікті өлшейтін радио.** әск. *Қашықтықты өлшеудің радиотехникалық әдісімен ұшақтар мен басқа да ұшу аппараттарының ұшу биіктігін негұрлым толық анықтауға арналған радиолокациялық аппарат.*

**БИІКТІЛІК** зат. сөйл. ***Биіктік.***

**БИІКШЕ** сын. *Биіктеу, биігірек.*

**БИІКШЕЛЕУ** сын. *Биіктеу, биігірек.*

**БИІКШІЛ** сын. *Биікке құмар, жоғарыға құмар.*

**БИІМСУ** *Биімсі етістігінің қимыл атауы.*

**БИІМСІ=** ет. экспр. *Би болғансу, биге ұқсау.*

**БИІЛТИФАТ** [ир. ар. بي التفات] сын. ескі кіт. *Ескерусіз, ілтипатсыз, назардан тыс.*

**БИЯЗАР** [парсы بيزار] сын. көне. *Момын, залалсыз.*

**БИЯЗДА=** ет. *Баптау, бипаздау, биязылану.*

**БИЯЗДАН=** ет. *Баптану, бипаздану, биязылану.*

**БИЯЗДАНУ** *Бияздан етістігінің қимыл атауы.*

**БИЯЗДАУ** *Биязда етістігінің қимыл атауы.*

**БИЯЗЫ** сын. **1.** *Нәзік, жіңішке.* **2.** *Жұмсақ, ұлбіреген.* **3.** *Жағымды, сүйкімді.* **4.** ауыс. *Сыпайы, әдепті.* **5.** ауыс. *Сабырлы, ұстамды.*

**Биязы жүн.** *Жұмсақ ұлпілдек жүн.* **Биязы жүнді қой.** *Майда, жұмсақ, әрі созылғыш, әрі мықты жүні бар қой түрі.* **Биязы мінез.** *Жайдары, жұмсақ мінез.* **Биязы мінезді.** *Жайдары, жұмсақ мінезі бар (адамға қатысты).*

**БИЯЗЫЛА=** ет. **1.** *Үлбірету, ұлпілдету.* **2.** ауыс. *Сыпайылық жасау, әдептілік сақтау.*

**БИЯЗЫЛАН=** ет. **1.** *Жұмсару, нәзіктену.* **2.** ауыс. *Сыпайылық жасау, әдептілік сақтау.*

**БИЯЗЫЛАНУ** *Биязылан етістігінің қимыл атауы.*

**БИЯЗЫЛАУ**[1] сын. **1.** *Жұмсақтау, нәзіктеу.* **2.** ауыс. *Сыпайылау, әдептілеу.*

**БИЯЗЫЛАУ**[2] *Биязыла етістігінің қимыл атауы.*

**БИЯЗЫЛЫҚ** зат. **1.** *Биязы болушылық, майдалық, жұмсақтық.* **2.** псих. *Адамның сыртқы ортамен байланыс жасайтын қарым-қатынастарының ішіндегі сыпайыгершілік, әдептілік жиыны.*

**БИЯЛАЙ** зат. **1.** *Матадан не былғарыдан тігілген, жүннен тоқылған қолғап.* **2.** *Садақ тартқанда қолға батпауы үшін арнайы тігілген қолғап.* **3.** саят. *Тұяқты құстарды қолға қондырғанда олардың тұяқтары қолға батпау үшін киетін, малдың терісінен, не былғарыдан тігілген қолғап.*

**БИЯЛАЙДАЙ** сын. *Биялай тәрізді, биялай сияқты.*

**БЛАНК** [франц. blanc] зат. *Белгілі бір үлгі бойынша мәтіні жартылай басылып, қалған бөлегі кейін толтырылатын іс қағазы.*

**Бланк картасы.** әск. *Бір немесе бірнеше көмескі реңді бояуларға басылған топографиялық немесе арнайы карта.*

**БЛАНКА** зат. сөйл. ***Бланк.***

**БЛАНКАЛЫ** сын. ***Бланкілі.***

**БЛАНК-ВАУЧЕР** зат. экон. *Орындалған, аяқталған коммерциялық операциялар деректері бар бланк.*

**БЛАНКЕТ** зат. зоол. *Қара теңіз бен Қырым, Кавказ жағалауларында өсетін кәсіптік маңызы зор семіз балық.*

**БЛАНКЕТТІК** сын. *Мемлекеттік органдар және мемлекет қызметкерлері тәртіп ережелерін т.б.с.с. ережелерді шығаруға құқық беретін.*

**БЛАНКИЗМ** зат. тар. *«Революциялық топтар билікті басып алу жолымен капитализмді*

*жоқ қылады» деп есептеген XIX ғасырдағы Француз социалисттік қимылының бір ағымы.*

**БЛАНКТІК** сын. *Бланкке тән.*

**Бланктік индоссамент.** қаржы. *Кімнің пайдасына жасалған тұлғаның белгіленуі көрсетілмейтін индоссамент.*

**БЛАНКІЛІ** сын. *Бланкіге жазылған, бланкісі бар.*

**БЛАНКІЛІК** сын. экон. *Бланк түріндегі, бланк үлгісіндегі.*

**Бланкілік несие.** экон. *Бағалы қағаздармен немесе материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілмеген несие.*

**БЛАНМАНЖЕ** [франц. blanc-manger] зат. *Бадам шырынынан немесе қаймақтан жасалған тәтті тағам (десерт).*

**БЛАСТОДЕРМА** [blastoderma, грек. blastos – өскін және derma – тері] зат. биол. *Көп жасушалы ұрық-бластуланың бірыңғай жасушалардан (бластомерлер) құралған қабығы.*

**БЛАСТОМА** [грек. blastos – өскін, oma – ісік] зат. мед. *Ісік; зиянды ісік.*

**БЛАСТОМИКОЗ** зат. вет. *Бластомицеттердің негізінде пайда болатын адамдардың, жан-жануарлардың тері және ішкі ағзаларының ауруы.*

**БЛАСТОМИЦЕТТЕР** зат. биол. *Ашытқы құрамындағы микроорганизмдердің жалпы атауы.*

**БЛАСТОМЕР** [грек. blastos және meros – бөлік] зат. биол. *Бір жасушалы ұрық-зиготаның бөлшектенуі нәтижесінде түзілетін жасуша.*

**БЛАСТОМИКОЗ** [грек. blastos – өскін, mykes – саңырауқұлақ] зат. балықшар. *Балық организмінде болатын жұқпалы аурудың бір түрі.*

**БЛАСТОПОРА** [грек. blastos – өскін, poros – айланшық] зат. биол. *Жануарлар ұрығы қуысының (бластоцель, гастроцель) қоршаған сыртқы ортамен қатысатын тесігі.*

**БЛАСТОЦЕЛЬ** [грек. blastos – өскін, koilos – қуыс] зат. биол. *Бластула сатысында, көпжасушалы клеткалы ағза ұрығында түзілетін алғашқы қуыс.*

**БЛАСТОЦИСТА** [blastocystis, грек. blastos және koilos – қуыс] зат. биол. *Адам мен сүтқоректі жануарлар ұрығының бөлшектену нәтижесінде пайда болатын көпіршік тәрізді ұрықтың даму кезеңі.*

**БЛАСТУЛА** [грек. blastos] зат. биол. *Көпжасушалы жануарлар ұрығының бірқабатты іші қуыс шар тәрізді болып даму сатысы.*

**БЛЕЙЗЕР** [ағыл. blazer] зат. *Белі қымтырылып тігілген спорттық пиджак.*

**БЛЕК-РОТ** [ағыл. black rot] зат. бот. *Микроорганизмдерден болатын, негізінен жапырақтар мен жемісті зақымдайтын жүзім сабағының ауруы.*

**БЛЕНДА** [нем. Blende] зат. *Фото және кино аппаратына қуыс жағынан бекітілген, ішкі беті қарайтылған конус.*

**БЛЕНДЕР** зат. *Тамақ өнімдерін шайқауға, араластыруға, ұнтақтауға, ұсақтап кесуге арналған асүй құралы.*

**БЛЕНКЕР** [ағыл. blinker] зат. **1.** *Телефон коммутаторындағы сөйлесудің басталуын және аяқталуын тіркейтін белгі беруші аспап.* **2.** *Теміржолдың ашық не жабық екендігі туралы автоматты түрде белгі беретін аспап.*

**БЛЕННОРЕЯ** [blennos – шырыш, rheo – ағу] зат. мед. *Көздің шырышты қабығының іріңдеп қабынуы.*

**БЛЕФАРИТ** [грек. blepharon] зат. мед. *Көздің қабағының қабынуы.*

**БЛЕФАРОСПАЗМ** [грек. blepharon – қабақ, spasma – тартылу] зат. мед. *Көздің айналмалы бұлшық етінің тартылуы салдарынан жоғарғы және төменгі қабақтардың бір-біріне қабысып көздің жабылып қалуына әкелетін аурудың бір түрі.*

**БЛИНДАЖ** [франц. blindage] зат. әск. *Оқтан, бомбадан, снарядтан қорғану үшін жасалған жабық үлгідегі әскери құрылыс, бекініс.*

**БЛИНТ** [нем. Blind] зат. полигр. *Кітап мұқабасының сыртына нығыздалып басылып жазылған жазу немесе сурет.*

**БЛИСТЕР** [ағыл. blister] зат. *Ұшақ корпусындағы құрал-жабдықтарды орналастыруға арналып, мөлдір пластмассадан жасалған күмбез тәрізді шығыңқы жер.*

**БЛИЦ-САУАЛНАМА** зат. *Бүгінгі таңдағы қызықты сұрақтарға ешбір дайындықсыз пікір сұрау.*

**БЛИЦ-СҰХБАТ** зат. *Нақты бір тақырыпқа қатысты қысқа сұхбат.*

**БЛИЦ-ТУРНИР** [нем. Blitzturnier] зат. *Спорттың алуан түрлері бойынша (әдетте шахмат) қысқа мерзімде өткізілетін жарыс.*

**БЛИЦКРИГ** [нем. Blitzkrieg] ат. әск. *Қарсыластарын қысқа мерзім ішінде толық жеңуге бағытталған соғыс жүргізу теориясы және оған негізделген стратегия.*

**БЛОГ** [ағыл. blog, web log, «желі журналы не оқиға күнделігі»] зат. инф. *Интернетте жарияланған, әр жазбаға комментарий жазуға болатын, белгілі бір мақсатқа арналған, тақырыптық күнделік.*

**БЛОГГЕР** кәсіп. *Блогты құрған адам, блог жетекшісі.*

**БЛОГСФЕРА** зат. *Ғаламтордағы барлық блогтар жиынтығы.*

**БЛОК**[1] [ағыл. block] зат. **1.** *Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар доңғалақ механизм.* **2.** *Атқаратын қызметі мен жасалу технологиясы бәріне ортақ болып келетін детальдар жиынтығы.*

**БЛОК**[2] зат. **1.** сәулет. *Үйдің іргетасы мен қабырғасын қалауға арналып, дұрыс геометриялық пішінге келтірілген жасанды тас.* **2.** кен. *Шахта алаңының белгілі бір шегіндегі қазу жұмыстары жүргізілетін бөлік.*

**БЛОК**[3] [франц. bloc] зат. **1.** қоғ. *Саясиәлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.* **2.** қоғ.-саяси. *Топталған жиын, ұйым.*

**БЛОК**[4] зат. инф. *Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі.*

**Блок маркері.** инф. <ағыл. block mark> а) *Ұзындығы айнымалы блоктарды өңдеу кезінде мәліметтер блогының соңын көрсететін шартты белгі.* ә) *Таспалық ентаңба мен файлдың мәліметтер блогының шектеушісі болып саналатын магниттік таспадағы қызметтік блок.* **Блок операторы**. инф. <ағыл. block statement> *Операторлық жақшалармен шектелген, бағдарламаның бір операторы ретінде түсіндірілетін операторлар тізбегі.* **Блок тақырыбы.** инф. <ағыл. block header> *Блоктың басында орналасып, ол жайлы мәліметтер беретін және операциялық жүйеде қолданылатын арнайы жазба.*

**БЛОКАДА** [ағыл. blockade] зат. **1.** *Әдейі ұйымдастырылған талаптарды мойындатуға, сыртпен байланысын тоқтатуға күшпен жүргізілетін шаралар жүйесі.* **2.** әск. *Жау күшін басу үшін, сырттан алынатын көмекке әскери шек қою, тыйым салу әрекеті.* **3.** мед. *Омыртқа, бел ауруларын уақытша басатын дәрі салу арқылы емдеу тәсілі.*

**БЛОКАППАРАТ** зат. тех. *Пойыздардың қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін аппарат.*

**БЛОКБАСТЕР** [ағыл. blockbuster] зат. өнер. *Көпшілік көрерменге арналып жасалған, көп табыс түсіретін фильм.*

**БЛОКБАСТЕРЛІК** сын. *Блокбастерге қатысты.*

**БЛОКТОСПА** зат. *Иеленген аймақты бақылау үшін бекітілген құрылым.*

**БЛОКИРЛЕУ** зат. ***Бұғаттау.***

**БЛОКНОТ** [франц. bloc notes] зат. **1.** *Ықшам, шағын қойын дәптер.* **2.** инф. *Шағын мәтіндік файлдармен жұмыс істеуге арналған стандартты мәтін редакторы.*

**БЛОК-СХЕМА** [лат. flowchart] зат. **1.** *Операциялар, мәліметтер, ағындар немесе техникалық құралдар секілді элементтерді белгілейтін арнайы символдар көмегімен талдау жасау немесе шешімін табу үшін мәселелерді графика түрінде ұсыну.* **2.** *Бағдарлама немесе процестің шартты графикалық кескіні.* **3.** *Электрондық жүйенің (мыс., есептеуіш жүйенің) элементтерінің арасындағы байланыс графика түрінде ұсынылатын схема.*

**БЛОКТЫ** сын. *Блок қатысқан, блогы бар.*

**БЛОКТЫҚ** сын. *Блокқа қатысты, блокқа тән.*

**Блоктық алмасу.** инф. <ағыл. block exchange> *Компьютердің негізгі жад пен сыртқы сақтауыш құрылғылар арасында мәлімет алмасу тәсілі.* **Блоктық ашу әдісі.** кен. *Шахта алабын ұзына бойымен бірнеше блокқа бөліп, оларды блок оқпандарымен (ауа беретін және желдеткіш) ашу әдісі.* **Блоктық жарылыс.** кен. *Кертпеш массивтің бір бөлігін бір мезгілде жару.* **Блоктық жүктеу.** инф. <ағыл. block loading> *Жадты болу және мәліметтерді енгізу блоктап орындалынатын жүктеудің бір түрі.* **Блоктық құрылғы.** инф. <лат. block device> *Мәліметтер блогымен жұмыс істейтін құрылғы.* **Блоктық принцип.** инф. <лат. block concert> *Әзірленетін схеманың барлық түйіндерінің орындалуы белгілі бір стандартты қызметті орындайтын және аяқталған конструктивтік атқаруы бар элементтер жинағымен жасақталатын констукциялау принципі.*

**БЛОКТЫҚ-МУЛЬТИПЛЕКСТІК** сын. инф. *Бірнеше сыртқы құрылғыдан мәліметтерді ауыспалы түрде жеткізетін немесе бір құрылғысы бар бірнеше алмасу процедурасына арналған.*

**Блоктық-мультиплекстік режім.** инф. <ағыл. block multiplex mode> *Шапшаң әрекетті арнаның жұмыс режимі.*

**БЛУЗОН** зат. *Әйелдердің белінен жіп өткізілген қысқа көйлегі.*

**БЛЮВАЛ** [ағыл. blue whale] зат. зоол. *Көк кит (жер бетіндегі сүтқоректілердің ішіндегі ең ірісі теңіз жануары, ұзындығы 33 м. дейін, салмағы 150 т. дейін болады).*

**БЛЮМ** [ағыл. bloom] зат. тех. *Металлургиялық өндірістің шала өнімі.*

**БЛЮМИНГ** [ағыл. blooming] зат. тех. *Массасы 1–12 т аумақты болат құймаларды жаншу (сығымдау) арқылы блюмге айналдыруға арналған өнімділігі жоғары прокат станы.*

**БЛЮТУЗ** зат. инф. *Сымсыз персоналдық құрылғы.*

**БОБСЛЕЙ** [ағыл. bobsleigh] зат. спорт. *Шанамен сырғанау спортының бір түрі.*

**БОБЫРА=** ет. *Үйпа-түйпасы шығу, ұрпию, қобырау.*

**БОБЫРАУ** *Бобыра етістігінің қимыл атауы.*

**БОГАЧ** зат. балықшар. *Тұқы тұқымдас балықтардың қыстығүні шоғырланып жататын жері.*

**БОГЕМА** [франц. boheme] зат. сөйл. *Ретсіз, қамсыз, тәртіпсіз, тұрақсыз өмір суретін, негізінен көркемөнер, мәдениет өкілдерінің (әртістер, музыканттар, т.б.) рухани-мәдени ортасын білдіретін ұғым.*

**БОГЕМАЛЫҚ** сын. *Богемаға тән, қатысты. Богемалық өнер.*

**БОГХЕД** [ағыл. bodhead] зат. геол. *Балдыр өсімдігінің қалдығынан түзілген сапропель көмірінің бір түрі; битумды тас көмір.*

**БОҒАТ** зат. *Үй төбесі (шатыры) мен қабырғасының қосылған жері.*

**БОҒАУЫЗ** зат. *Былапыт, бейпіл сөз, әдепсіз боқтық сөз.*

**Боғауыз соқты.** *Бейпіл сөйлесті, боқтады, ұрысты.*

**БОҒАУЫЗШЫЛ** сын. *Боғауыз айтқыш, былапыт сөзге әуес.*

**БОҒЖАМА** зат. көне. *Ою-өрнектер, шашақтар салып (матадан, жүннен), термелеп тоқылған дорба.*

**БОҒЖАМАДАЙ** сын. *Боғжама сияқты, боғжама тәрізді.*

**БОҒМАЛА** зат. бот. *Улы саңырауқұлақ әсерінен болатын, антиномицет бактериялары тудыратын малдың (адамда сирек) созылмалы жұқпалы ауруы.*

**БОҒЫНДЫ** зат. жерг. *Ішек-қарын.*

**БОД** [лат. baud] зат. инф. *Байланыс арналарындағы ақпарат жеткізу жылдамдығының өлшем бірлігі.*

**БОДА-БОДА**: **бода-бода болды**. *Ағал-жағал болды, салтақтанды, бобырады.*

**Бода-бодасы шықты**. *Үйпа-тұйпасы шықты, дода-дода болды, қобырады.*

**БОДАЛА=** ет. жағымсыз. *Былықтыру, бытпырату.*

**БОДАЛАҚТАТ=** ет. жағымсыз. *Былықтыру, бықсыту, аузына келгенді айту.*

**БОДАЛАН=** ет. **1.** *Үйпа-тұйпасы шығу, бобырау.* **2.** ауыс. *Басы қатып, есі кету.*

**БОДАМ**[1] зат. жерг. *Дәліз, сенек.*

**БОДАМ**[2] сын. сөйл. ***Бодан.***

**Бодам қылды**. сөйл. *Бағындырды, тәуелді етті.*

**БОДАН** сын. *Тәуелді, бағынышты, еркінен айрылған.*

**БОДАНАДАЙ** сын. сөйл. ***Баданадай.***

**БОДАНДЫҚ** зат. *Бодан болушылық, еркінен айрылғандық, тәуелділік.*

**БОДАХАН** зат. кіт. *Император, билеуші.*

**БОДАУ** зат. *Құн, төлеу.*

**БОДАУСЫЗ** үст. **1.** *Төлеусіз, ақысыз.* **2.** ауыс. *Сұраусыз, ескерусіз, елеусіз.*

**БОДИ** [ағыл. body] зат. *Ұзын немесе қысқа жеңді, денеге жабысып тұратындай етіп тігілген әйелдер мен балалардың киімі.*

**БОДИ-АРТ** [ағыл. body-art] зат. *Жазу, татуировка, пирсинг т.с.с. көмегімен жалаңаш денені көркемдеу.*

**БОДИ-БАЛЕТ** зат. *Бидің түрі.*

**БОДИБИЛДШІ** [ағыл. bodybuilder] зат. спорт. *Бодибилдингпен айналысатын спортшы.*

**БОДИБИЛДИНГ** [ағыл. bodybuilding] зат. спорт. *Бұлшық еттерді дамыту мақсатында жасалатын атлетикалық жаттығулар жүйесі.*

**БОДИБИЛДИНГТІК** зат. спорт. *Бодибилдингке қатысты.*

**БОДИПИРСИНГ** зат. *Дененің белгілі бір жерін тесіп сырға, әшекей тағу.*

**БОДИЯ** зат. сөйл. ***Бадия.***

**БОДИЯШЫ** зат. сөйл. ***Бадияшы.***

**БОДОНИ** зат. полигр. *Суретінің көркемдігі мен айқындылығымен ерекшеленетін типографиялық қаріптің бір түрі.*

**БОДУН** зат. тар. *Ежелгі және орта ғасырларда түркілер арасында қандас туыстықты, саяси тұтастықты білдірген атау.*

**БОДХИСАТВА** зат. діни. *Тхеравада буддизмінде тарихи Будданың әулиеге айналғанға дейінгі кезі және сол кезеңде Будда бейнесінде өмір сүрген адамдар мен аңдар туралы діни ұғым.*

**БОДЫРА=** ет. *Үйпа-тұйпасы шығу, қобырау.*

**БОДЫРАТ=** ет. *Үйпа-тұйпасын шығару, қобырату.*

**БОЖ**: **бож қара**. *Божбан қара, шой қара.*

**БОЖАЙЛА=** ет. сөйл. ***Бажайла.***

**БОЖАҚ** [ор. вожак] зат. сөйл. *Жетекші, жолкөрсетуші.*

**БОЖАЛАҚ**: **ала божалақ**. сөйл. ***Алабажақ.***

**БОЖБАН** сын. *Ірі, үлкен, қалың, ебедейсіз, жуан.*

**Божбан қара**. *Қожыр қара, шой қара.*

**БОЖБАНДАЙ** сын. *Ірі, үлкен, қалың, ебедейсіз.*

**БОЖБИ=** ет. *Қоржию, дөңкию.*

**БОЖБЫРА=** ет. *Сылбыр тарту, босаңсу.*

**БОЖЫ** [ор. вожжи] зат. *Арбаға, шанаға жегілген көлікті жүргізіп отыратын делбе.*

**БОЖЫ=** ет. **1.** *Қымыз, айран сияқты тағамдардың қатты ашып бүлініп кетуі.* **2.** ауыс. *Қожырау, пышырау, берекесі кету.*

**БОЖЫЛА=** ет. *Божы тағу, божымен айдау, жүргізу.*

**БОЖЫЛДА=** ет. **1.** *Быжылдау, ашу.* **2.** *Бажылдау, бұрқылдап қайнау.*

**БОЖЫЛДАТ=** ет. **1.** *Быж-быж еткізіп, бұрқылдатып қайнату.* **2.** *Бажылдату, дарылдату.*

**БОЖЫЛДАУ** *Божылда етістігінің қимыл атауы.*

**БОЖЫРА=** ет. *Қожырау, жүнжу, берекесі кету.*

**БОЖЫРАҚ** сын. *Пысық емес, бос, былжыр.*

**БОЖЫРАП-ҚОЖЫРА=** ет. *Берекесіздену, шашырау, бытырау.*

**БОЖЫРАС=** ет. *Қожырасу, жүнжу, берекелері кету.*

**БОЖЫРАТ=** ет. *Қожырату, жүнжіту, берекесін кетіру.*

**БОЖЫРАУШЫЛЫҚ** зат. *Сылбырлыққа салынушылық, қожыраушылық.*

**БОЖЫСЫЗ** сын. *Божы тағылмаған, божысы жоқ.*

**БОЖЫТ=** ет. *Қожырату, пышырату; ашыту.*

**БОЖЫТУ** *Божыт етістігінің қимыл атауы.*

**БОЖЫШЫ** зат. *Божы ұстаушы, делбеші.*

**БОЗ**[1] зат. бот. <лат. stipa> *Астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

**БОЗ**[2] зат. *Бетегелі, изенді, селеулі ақ дала.*

**БОЗ** сын. **1.** *Ақшыл қылаң түсті.* **2.** *Шымқай ақшыл емес, ақшыл көк түс (малға байланысты). // Шымқай ақшыл емес, ақшыл көк түсті жылқы, мал.* **3.** *Құрғақ, сор (жер). // Құрғақ, сор жер.* **4.** ауыс. *Жасөспірім, бозбала.*

**Боз ала**. *Күңгірт тартқан, ақшыл.* **Боз [ала] таң.** *Таң ағарып келе жатқан мезгіл, таңсәрі...* **Боз бие.** *Ақшыл, қылаң түсті бие.* **Боз биенің сүтіне шомылдырды.** *Ерекше құрметтеп, қатты сыйлады, күтті.* **Боз дала.** поэт. *Боз түсті шөп өскен дала.* **Боз емшек қылды.** *Биенің желінінде түк қалдырмай, қайта-қайта сауып алды.* **Боз жаңбыр.** сөйл. ***Ақ жауын.*** **Боз жорға**. эксп. *Ішімдік, арақ.* **Боз күйік борбас.** *Қолынан ештеңе келмейтін, олақ.* **Боз қасқа шалды.** *Құдай, аруақ жолына құрбандыққа мал сойды.* **Боз қырау.** *Ақшыл сұрғылт болып түскен жұқа қырау.* **Боз орда.** *Ханның ордасы, ханның үйі.* **Боз селеу.** өс. *Селеу шөбінің бір түрі.* **Боз шұбар.** *Шұбар аралас боз түс.* **Боз шулан дүние.** *Жалған дүние, тіршілік.* **Боз іңген.** *Ақшыл, қылаң түсті іңген.* **Боз іңгендей аңырады.** *Күйзелді, сергелдеңге түсті.*

**БОЗА** зат. тамақ. *Дәнді дақылдан ашытып жасалған сусын, ішімдік.*

**БОЗАҒАШ** зат. өс. *Биік өсетін ағаштардың бірі.*

**БОЗАДАЙ** сын. *Боза тәрізді, боза сияқты.*

**БОЗАЙ** зат. **1.** *Боз, бозғылт.* **2.** ауыс. *Бозбала, жас.*

**БОЗАКЕШ** зат. *Боза дайындаушы.*

**БОЗАҚОР** сын. *Бозаны көп ішетін, бозаны ұнататын, бозақұмар.*

**БОЗАҚОРЛЫҚ** зат. *Бозақор болушылық, бозаны көп ішушілік, бозаға салынушылық.*

**БОЗАҚҰМАР** зат. *Бозаға құмартушы, боза ішкіш.*

**БОЗАҚЫР** зат. сөйл. ***Бозакеш.***

**БОЗАЛАҢ** сын. *Қылаң, ақшыл, бозғылт.*

**Бозалаң тартты**. а) *Бозғылданды, ағарды.* ә) *Құқылданды, бозарды.*

**БОЗАЛАҢДА** үст. *Таң сәріде, ертемен.*

**БОЗАЛАҢДА=** ет. *Бозару, ағару.*

**БОЗАЛЫ** сын. *Бозасы бар, бозасы көп.*

**БОЗАМЫҚ** сын. *Бозғылт, ақшылтым.* **Бозамық тартты.** *Бозғылт тартты, қылаң берді.*

**БОЗАМЫҚТАН=** ет. **1.** *Ақшыл тарту, бозару.* **2.** *Таң қылаңдану, құлан иектену.*

**БОЗАМЫҚТАНУ** *Бозамықтан етістігінің қимыл атауы.*

**БОЗАМЫҚТАУ** сын. *Бозғылттау, ақшылдау, қылаңдау.*

**БОЗАНШЫ** зат. муз. *Қазақ халқының ежелгі саз аспабы.*

**БОЗАҢ** зат. бот. *Құрғақ, шөлейт жерде өсетін шөп.*

**БОЗАҢ**[1] сын. **1.** *Ақшыл, қылаң, бозғыл.* **2.** *Сортаң, қуаң (жер).* **3.** ауыс. *Көмескі, күңгірт.*

**Бозаң тартты.** а) *Ақшыл тартты, бозғылданды.* ә) *Өңі құқыл тартты, бозарды.*

**БОЗАҢ**[2] сын. *Жас, жеткіншек.*

**БОЗАҢДА** үст. *Таңсәріде, таңертең, алагеуімде.*

**БОЗАҢДАУ** сын. **1.** *Қылаңдау, бозғылттау.* **2.** *Өңі ақшылдау, құқылдау.*

**Бозаңдау тартты.** *Ақшылданды, бозарды.*

**БОЗАҢДЫ** сын. *Бозаң өскен, бозаңы бар.*

**БОЗАҢДЫҚ** зат. *Бозаң болушылық, ақшылдық, қылаңдық.*

**БОЗАҢЫТ=** ет. *Ақшыл тарту, бозғылттану.*

**БОЗАР=** ет. **1.** *Бозғылттану, ақшылдану, бозамықтану.* **2.** *Өңі қашу, түсі бұзылу.*

**Бозарып күтті.** *Ұзақ күтті, көп күтті.*

**БОЗАРАҢ: бозараң тартты**. *Сәл жарықтанды, жарық түсті, бозарды.*

**БОЗАРАҢДА=** ет. *Ақшылтым тарту, бозғылттану.*

**БОЗАРТ=** ет. *Бозғылттандыру, ақшылдандыру.*

**БОЗАРУ** *Бозар етістігінің қимыл атауы; бозғылттану, ақшылдану.*

**БОЗАРША** зат. бот. <лат. tphuja> *Бұта түрінде өсетін, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш.*

**БОЗАРЫҢҚЫ** сын. *Бозғылт, бозғылтым.*

**Бозарыңқы тартты**. *Бозарды, ағарды.*

**БОЗАРЫҢҚЫРА=** ет. *Өңі қашыңқырау, құқылдану.*

**БОЗАУЫЗ** сын. жағымсыз. *Әлсіз, жас, өсімдік ұстанымы жоқ.*

**БОЗАХАНА** зат. *Боза сатылатын жер, дүкен.*

**БОЗАША** үст. *Боза сияқты, бозаға ұқсап.*
**БОЗАШЫ** зат. *Боза сатушы, боза дайындаушы.*
**БОЗБАЛА** зат. *Он үш пен кәмелет жасы аралығындағы жас жігіт, жасөспірім, жеткіншек.*
**Бозбала дәурен.** *Жастық шақ, бозбала кезең.*
**БОЗБАЛАДАЙ** сын. *Бозбала сияқты, бозбала тәрізді.*
**БОЗБАЛАЛЫ** сын. *Жас жігіттері, бозбалалары бар.*
**БОЗБАЛАЛЫҚ** сын. *Бозбалаға тән, бозбалаға қатысты. // Жігітшілік, жастық.*
**БОЗБАЛАСЫМАҚ** сын. экспр. *Өзін-өзі бозбалаға балайтын, бозбала болғансыған.*
**БОЗБАЛАША** үст. *Бозбалаға ұқсап, бозбала сияқтанып.*
**БОЗБАЛАШЫЛЫҚ** зат. *Бозбалаға тән қылық, мінез, сипат, ойын-күлкіге бой ұрушылық, бозбалалық, жігітшілік.*
**БОЗБАС** зат. *Тәжірибесіз, жас, балаң. // Тәжірибесіз, жас балалар.*
**БОЗБАС: бозбас отқүйрық.** зоол. <лат. phoenicurus caeruleocephalus> *Торғай тәрізділер отрядының сайрауық тұқымдасына жататын сайрағыш құс.*
**Бозбас пайыз**. зоол. <лат. carduelis caniceps> *Торғай тәрізділер отрядының құнақ тұқымдасына жататын сайрағыш құс.*
**БОЗБАСТАН=** ет. *Бозбалалық ету.*
**БОЗБАСТЫҚ** зат. *Тәжірибесіздік, жас, балаң болушылық, бозбалашылық.*
**БОЗБЕЛБЕУ** зат. *Жас, буыны қатпаған, жасөспірім.*
**БОЗБӨРТПЕ** зат. саят. *Суда көбірек тұрып, сыртының қаны кеткен, ішінің қаны өзінде болып, сырты ғана бозарған ет, бүркіт жемі.*
**БОЗБҰҒА** зат. өс. *Таулы жерде өсетін, тамырының емдік қасиеті бар, дәрілік өсімдік.*
**БОЗБҰЙЫРҒЫН** зат. бот. *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық не көпжылдық өсімдік.*
**БОЗГҮЛЖАПЫРАҚ** зат. бот. *Сүйсіндер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**БОЗҒАЛДАҚ** зат. бот. *Көктемде қар кетісімен шығатын боз түсті гүл, жауқазын.*
**БОЗҒАНАҚ** зат. бот. *Шөлді жерлерде өсетін, ұсақ жапырақты, құнарлы, қой үйсініп жейтін жөп..*
**БОЗҒЫ** зат. биол. <лат. eumetopias jubatus> *Құлақты түлендер тұқымдасы, бозғы туыстарына жататын ең ірі түрі.*
**БОЗҒЫЛ** зат. бот. *Құрғақта өсетін шөп, боз, бозаң.*
**БОЗҒЫЛ** сын. **1**. *Ақшыл, бозамық.* **2**. *Қаны қашқан, сұп-сұр.*
**Бозғыл тартты.** а) *Бозғылданды, ағарды.* ә) *Өңі қашты, бозарды.*
**БОЗҒЫЛДАН=** ет. *Ақшыл тарту, бозару.*
**БОЗҒЫЛДАУ** сын. *Ақшылдау, боздау.*
**Бозғылдау тартты.** *Бозғылдана түсті, сұрланыңқырады.*
**БОЗҒЫЛТ** сын. *Ақшылдан гөрі боз түсі басымдау.*
**Бозғылт тартты**. *Ақшылданды, бозарды.*
**БОЗҒЫЛТТАН=** ет. *Ала көлеңкелену, бозару.*
**БОЗҒЫЛТТАУ** сын. *Бозғылтым, бозғылт.*
**БОЗҒЫЛТЫМ** сын. *Бозғылттау, бозғылт.*
**Бозғылтым тартты.** *Бозғылт тартты, бозара түсті.*
**БОЗДА=** ет. **1.** *Түйенің зарлы үн шығаруы.* **2.** ауыс. *Еңіреп жылау, зарлау.* **3.** ауыс. *Бір қалыпта үзбей дыбыс беру.*
**БОЗДАҒЫШ** сын. *Боздай беретін, зарлауық, заржақ.*
**БОЗДАЙ** сын. *Боз сияқты, боз тәрізді.*
**БОЗДАҚ**[1] зат. *Түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ ұлпа жүн, ботаның жақ жүні.*
**БОЗДАҚ**[2] зат. *Ер-азамат, жас жігіт.*
**Боздағын бордай етті**. *Азаматын жойды, қырды.*
**БОЗДАҚ**[3] зат. зоол. *Үлпілдек жүнді итбалық.*
**БОЗДАҚТА=** ет. жерг. *Түйенің жүнін жүндегеннен кейін соның орнына жаңадан майда жүннің шығуы.*
**БОЗДАҚТАЙ** сын. *Боздақ тәрізді, боздақ сияқты.*
**БОЗДАҚТАТ=** ет. *Шапқылау, тез жүру.*
**БОЗДАН**[1]**=** ет. *Бозару, ақшылдану.*
**БОЗДАН**[2]**=** ет. *Боздау, зарлы үн шығару.*
**БОЗДАС=** ет. *Түйе, боталардың зарлы үн шығарысуы.*
**БОЗДАС** зат. *Бір қалыпты, үзбей шыққан дыбыс.*
**БОЗДАТ=** ет. *Аңырату, шулату, басына көтеру.*
**БОЗДАТУ** *Боздат етістігінің қимыл атауы.*
**БОЗДАУ** сын. *Бозғылт, бозғылтым.*
**БОЗДАУ** *Бозда етістігінің қимыл атауы; түйенің зарлы үн шығаруы. // Зарлы, боздаған.*
**БОЗДАУЫҚ** сын. *Зарлы үн шығарғыш, боздағыш.*
**БОЗДЫ** сын. *Боз өсетін, бозы бар.*
**БОЗДЫ-БЕТЕГЕЛІ** сын. *Боз бен бетеге өсетін (жер).*
**БОЗДЫҚ** зат. **1**. *Түстің ақшылдығы, боз екендігі.* **2.** *Боздың қалың, біркелкі болып өскен жері.*
**БОЗЖОРҒА** зат. *Аңға салатын жүйрік, ақбоз ат.*
**БОЗЖУСАН** зат. бот. <лат. artemisia glauca> *Жусан тектес көп жылдық өсімдік.*
**БОЗИЗЕН** зат. бот. <лат. echinopsilon> *Алабұта тұқымдас бір жылдық шөптесін өсімдік.*
**БОЗКӨДЕ** зат. бот. <лат. stipa stenophylla> *Күйге қарай пісетін көденің түрі.*
**БОЗКІЛЕМ** зат. бот. *Жасаңшөптер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*
**БОЗҚАРАҒАЙ** зат. *Шыршаның бозғылт түрі, қызқарағай.*
**БОЗҚАРАҒАН** зат. бот. <лат. caragana> *Бұршақтұқымдас өсімдіктерге жататын ағаштармен бұталардың түрі.*
**БОЗҚАСҚА** зат. этн. *Садақа, құдайы.*
**Бозқасқа шалды**. этн. *Алланың жолына қасқасы бар боз түсті жылқы сойды.*
**БОЗҚОНАҚ** зат. бот. *Шабындық немесе мал жайылымдық өсімдік.*
**БОЗҚОҢЫРАУ** зат. өс. *Қоңыраубас.*
**БОЗҚЫДЫҚ: бозқыдық шығарды.** *Жат қылық көрсетті, жоқтан өзгені сылтауратты.*
**БОЗҚЫРАУ** зат. **1.** *Қара күзде ағаштың бұтақтарында, шөптің бетінде болатын қырбық.* **2.** ауыс. *Ағара бастаған, ақ шаш.*
**БОЗҚЫРАУЛЫ** сын. *Бозқырау түскен, бозқырауы бар.*
**БОЗОЙ** зат. өс. *Еркекшөптің қолдан егілетін жаңа сұрпы (гибриді).*
**БОЗОН** зат. физ. *Спині нөл не бүтін сандар болатын бөлшек немесе квазибөлшек.*
**БОЗОТ** зат. бот. *Астық тұқымдас көпжылдық шөптерден (бетеге, бидайық, тарлау, бозселеу т.б.) тұратын табиғи жайылым.*
**БОЗӨКПЕ**[1] зат. **1**. *Буыны қатпаған, жас.* **2**. ауыс. *Жуас, ынжық, жасық, былжыр.* **3**. *Бос, мәнсіз.*
**БОЗӨКПЕ**[2] зат. **1.** вет. *Қойда болатын ауру түрі.* **2.** саят. *Құсқа жем ретінде беруге арнап үрленген мал өкпесі.*
**Бозөкпе болды**. *Өкпесі күйіп демікті, ентікті.*
**БОЗСОРАҢ** зат. өс. <лат. climacoptera> *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*
**БОЗСУЫР** зат. зоол. <лат. marmota bobac> *Кеміргіштер отряды тиін тектестер тұқымдасына жататын сүтқоректі.*
**БОЗТАЛ** зат. биол. *Бұтақтары өте жіңішке майысқақ жас тал.*
**БОЗТАЛДАЙ** сын. *Бозтал сияқты, бозтал тәрізді.*
**БОЗТОПЫРАҚ** геогр. *Шығыс Кавказ, Памир мен Тянь-Шань таулары етегіндегі шөлдала белдеуінің басты топырақ типі.*
**БОЗТОРҒАЙ** зат. **1**. *Түсі қоңыр ала, қанаты ұзын, бауыры ақшыл, дене тұрқы 20 см-дей құс.* **2.** зоол. <лат. alaudidae> *Торғайлар отрядына жататын сайрағыш құс.*
**БОЗТОРҒАЙДАЙ** сын. *Бозторғай сияқты, бозторғай тәрізді.*
**БОЗТОРҒАЙДАЙ** сын. *Бозторғайға ұқсияқты, бозторғай тәрізді.*
**БОЗТҮК** зат. өс. *Жұмсақ,боз түсті жапырақтары бар көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**БОЗТІКЕН** зат. бот. **<**лат. acan thophyllum**>** *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық бұта не шөптесін өсімдік.*
**БОЗҮЙ** зат. **1.** *Қонақ күтуге арналып тігілген киіз үй.* **2.** сөйл. ***Киіз үй.***
**БОЗША** сын. *Бозғыл, бозғылтым.*
**Бозша тайлақ**. *Бозғыл түсті, екі жасқа толмаған түйе төлі.* **Бозша торғай**. зоол. *Түсі бозғылт торғай тұқымдас жыршы құс.*
**БОЗШАҒАЛА** зат. зоол. <лат. larus fuscus> *Шағала тұқымдас құс.*
**БОЗШАҒЫЛ** зат. бот. <andropogon> *Құрғақ аймақты жайылымда өсетін астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**БОЗШАЛҒЫН** зат. өс. *Тамырсабақты, тамыры өте жіңішке,шашақты болып келетін көпжылдық өсімдік, бозшағыл.*
**БОЗШӨП** зат. өс. *Боз.*
**БОЗШЫЛ** сын. *Бозғылт, ақшыл.*
**БОЗШЫМШЫҚ** зат. зоол. <лат. pyrrhula pyrrhula> *Құнақтар тұқымдасына жататын құс.*
**БОЗЫҚ=** ет. *Бозару, сұрлану.*
**БОЗЫМ**[1] зат. жерг. *Айыр өркешті түйе.*
**БОЗЫМ**[2] сын. жерг. *Боздақ, ардақты.*
**БОЗЫМЫҚ** сын. сөйл. ***Бозамық***.
**БОЗЫМЫҚТАН=** ет. сөйл. ***Бозамықтан***.
**БОЙ** зат. **1.** *Адам мен жан-жануарлардың тік тұрғандағы дене тұрқы.* **2.** *Тұла бой, дене.* **3**. *Өзі, қара басы.* **4.** *Өзен, жол, сай, көше, тағы басқалардың жағасы, жағалауы, жиегі.* **5.** *Үлкенді-кішілі қоныстың, тұрақ-жайлардың алқабы, өңірі.* **6.** *Сырт киімнің алғы және артқы өңірі.* **7**. *Мезгіл мәнді есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір мерзім, мөлшер біткенше деген мағынаны білдіреді.* **8.** *Көлем, мөлшер мәнді есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір затпен салыстырылатын өлшеу атауын, мөлшер-шаманы білдіреді.* **9.** *-ған/-ген формалы есімше тұлғаларымен тіркесіп, амал-әрекеттің алғашқы шағын я белгілі бір өзгермейтін қалпын білдіреді.*
**Бой алды**. а) *Бойлады, бой көтерді.* ә) *Кең тарады, күшейді, орын алды.* **Бой алдырды**. а) *Титықтады, шаршады.* ә) *Берілді, жеңілді, ырқына көнді.* **Бой алдырмады**. *Берілмеді, жеңілмеді.* **Бой бақты.** *Өзін-өзі тежеді, алды-артын байқады, тартынды, аңысын аңдыды.* **Бой берді.**

*Жеңілді, еркіне көнді, ырық берді, жетегінде кетті.* **Бой бермеді**. *Айтқанға көнбеді, ырық бермеді, дес бермеді.* **Бой бойлады**. *Өз ойлағанымен болды, өз бетімен жүрді.* **Бойға ас [тамақ] батпады**. а) *Ішкен-жегені бойына тарамады, сіңбеді.* ә) *Көңілі көншімеді, мазасы кетті, тыншымады.* **Бойға біткен**. а) *Туа пайда болған, табиғи, ежелден бар.* ә) *Құрсақ көтерген, аяғы ауырлаған.* **Бойға жайылды**. *Денеге тарады.* **Бойға жетті.** *Кәмелетке толды, есейді.* **Бойға жұқпады**. *Пайдасы болмады, сіңбеді.* **Бойға жігерін жиды.** *Күшін жинады, әлденді.* **Бойға қуат [болды]**. *Қайрат, күш, жігер берді.* **Бойға өлшеді.** *Шама-шарқына қарады, әлін білді.* **Бойға тараған кесел.** *Жазылуы қиын, емі табылмайтын ауру.* **Бойға тарады**. *Еркін алды, бойын биледі.* **Бойға үйір қылмады.** *Жолатпады, жақындатпады.* **Бойға шапты**. *Денеге жайылды.* **Бойдағы күш қайысты.** *Күші тасыды, шабыттанды.* **Бойдағы от лапылдап.** поэт. *Жастықтың жалыны шарпып, қызуланып.* **Бойдан асты.** *Күш жетпеді, қолдан келмеді.* **Бойдан [бойынан] қуат кетті.** *Күш-қайраты азайды, әлсіреді.* **Бойды алды**. а) *Еркін биледі, денені балқытты.* ә) *Толқытты, тебірентті.* **Бойды барлады.** *Сақтанды.* **Бойды биледі.** а) *Ерікті алды, балқытты.* ә) *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* **Бойды [тұла бойын] бусантты.** а) *Терлету, жібіту, жіпсіту.* ә) бейн. *Еріксіз билеп алып, елжіретті.* **Бойды жеңді**. а) *Ерікті биледі, елітті, балқытты.* ә) *Нәпсісін тыйды.* **Бойды кернеді**. *Ішке сыймады, шыдатпады.* **Бойды қажу биледі.** *Шаршады, қажыды.* **Бойды қуаныш [шаттық] биледі.** *Қуанды, қуанышқа кенелді, шаттанды.* **Бойды ұрлады.** *Бой тасалады.* **Бойды шымырлатты**. *Еліктірді, елітті.* **Бой [барлық денесі] еріді.** *Елжіреді, балқыды.* **Бой жазбады.** а) *Тыным таппады, демалмады, тыныштық көрмеді.* ә) *Еркін, жайдары бола алмады.* **Бой жазды**. а) *Денесінің құрысқанын тарқатты.* ә) *Дем алды, денесін сергітті.* б) *Кеңшілік алды, еркіндікке қолы жетті.* в) *Алысқа ұзады, бойын жасырды.* **Бой жаздырмады.** *Тынымсыз еңбектен қол босатпады, дамыл көрсетіп, сергітпеді, титықтатты.* **Бой жазу**. *Дем алу, сергу.* **Бой жазысты.** *Бірігіп, дем алып тынықты, бойын сергітті, сайрандады, қыдырды, көңіл көтерді.* **Бой жасады.** *Науқас кісі өлер алдында бір сәт сергіді, аурудан айыққандай сезінді.* **Бой жасырды**. *Бой тасалады, бұқты.* **Бой жетті**. а) *Ұзарып өсті, биіктеді.* ә) *Кәмелетке толды, есейді.* **Бой жиғызды**. *Тартындырды, тежеді.* **Бой жиды.** *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* **Бой жылытты.** *а) Тамақ ішіп, жылынып әлденді. ә) Бойды тебірентті, бойға қуат берді.* **Бой жылыту.** *Денесін жылытты, ыстық ас ішті.* **Бой көрсетті**. а) *Қарасын көрсетті, көзге түсті.* ә) *Қыр көрсетті, сес қылды.* б) *Өз ой-пікірін сездірді, кім екенін байқатты.* **Бой көрсету**. *Қыр көрсету, сес қылу.* **Бой көтерді**. а) *Биіктей бастады, бойлады.* ә) *Тұрғызылды, салынды.* б) *Көрінді, көзге түсті.* в) *Сейіл құрды, көңіл сергітті.* г) *Еңсесін көтерді, басын көтерді, көңілденді.* **Бой көтеру.** *Сейілдеу, көңіл көтеру.* **Бойы көтерілді.** *Еңсесі көтерілді, көңілденді.* **Бой қақиды.** *Денесі құрысып қалды.* **Бой құрсаулады.** *Денесі құрысты, денесі ауыр басты.* **Бой қылтитты.** *Көрінді, бой көтерді.* **Бой мұздап, жүрек сыздады.** *Жайсыз хабар есітті, денесі тітіркенді.* **Бой нұсқа.** *Тұр-тұлға, бет-келбет, дене бітім.* **Бой сақтады [сақтанды, күтті]**. *Өзін аулақ ұстады, сақтанды, тартынды.* **Бой салды**. а) *Көтерілді, биіктеді.* ә) *Жанын салды, шын берілді.* б) *Ден қойды, зейін салды.* **Бой салдырмады.** *Сенбеді, ынты-шынтымен сене қоймады.* **Бой салып иіді.** *Емірене, бауырына тарта иіді.* **Бой сергітті.** а) *Денесі жеңілденді, тынықты.* ә) *Еңсесін көтерді, көңілденді.* **Бой сергіту.** пед. *Оқушылардың денсаулығын нығайтып, көңіл күйін көтеруге бағытталған дене жаттығуларын кешенді түрде орындау.* **Бой сермеді.** *Биіктеді, құлаш ұрды.* **Бой сынатты.** *Сынға түсті, сыналды.* **Бой таластырды.** *Жарыса, қатарласа өсті. Бой тартты.* а) *Именді, тартынды.* ә) *Аулақ болды, жоламады.* **Бой таса.** *Көзден таса, жасырын.* **Бой таса етті [қылды].** *Жасырынды, тасаланды, тығылды.* **Бой тасалады [жасырды, ұрлады].** *Көзге түспеуге тырысты, жасырынды, тасаланды.* **Бой таса іздеді.** *Жасырынбақ болды, көзге түскісі келмеді.* **Бой тастады**. *Ұмтылды, жақындады.* **Бой тастау**. *Ұзарып өсу, биіктеу.* **Бой тежеді [ірікті].** а) *Өзін-өзі тежеде, тартынды.* ә) *Сабырға келді, сабасына түсті.* **Бой теңесті.** а) *Ұзарды, биіктеді.* ә) *Тең болды, қатарға қосылды.* **Бой тоқтатты**. *Өзін-өзі ұстады, тежеді.* **Бой түзеді**. а) *Сымбатталып өсіп қалды.* ә) *Үсті-басын жөндеді, сән түзеді.* б) *Тізілді, қатарласты.* **Бой ұйытты**. *Елітті, баурады, рахатқа батырды.* **Бой ұрды**. а) *Бір нәрсенің соңына түсті, көңілі ауды, берілді.* ә) *Бет бұрды, ыңғайланды, бейімделді.* **Бой үйретті.** *Үйренді, дағдыланды.* **Бойы ауырлады.** *Денесі көтертпеді, салмақ тартты.* **Бойы ауыр [зіл қаратас] тартты**. *Денесі ауырлады.* **Бойы байсал [дел-сал] тартты**. *Салғырттанды, керенау тартты.* **Бойы балбырады.** *Жадырады, маужырады, рахаттанды.* **Бойы балқыды**. *Рахаттанды, ләззат алды, елітті.* **Бойы батты.** *Көрінбеді, көзден таса болды.* **Бойы бекіді**. *Өзіне-өзі келді, қайраттанды, күш алды.* **Бойы бетегеден аспаған**. *Жас, кішкене бала.* **Бойы биіктеді.** *Бойы өсті, ұзарды.* **Бойы босады**. *Қолы тиді, уақыты болды.* **Бойы бұлғаң.** *Былқ-сылқ еткен кербез, керім (адам).* **Бойы бір қарыс [бір сүйем]**. *Бойы (тұрқы) қысқа, қортық.* **Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс**. миф. *Ертегілерде кездесетін ергежейлі кейіпкер.* **Бойы елжіреді.** *Манаурады, шаршады.* **Бойы еріді.** *Елітті, басы айналды, балқыды.* **Бойы жадырады [жеңілді].** *Көңілі көтерілді.* **Бойы [бойдың құрысы] жазылды.** а) *Құрыс-тырысы тарқады.* ә) *Дем алды, тыныстады.* **Бойы жеңілдеді.** *Денесі сергіп қалды, жадырады.* **Бойы жылыды.** *Мейірленді, пейілі ауды.* **Бойы жылынды**. *Тоңғаны басылып, денесіне жылу барды.* **Бойы мұздады.** *Көңілі су сепкендей басылды, жабығып-жабырқады; жайсыз хабар естіп бойы, түршікті.* **Бойын [арқаны] аулақ [аулаққа] салды[ұстады].** *Алыс жүрді, маңына жуымады; қашқақтады.* **Бойын баптады.** *Сыланып-сипанды, күтінді.* **Бойын бекітті.** *Денесін нық ұстады.* **Бойына ашу сыймады**. *Қатты ашуланды.* **Бойына бесікте жатып сіңірді.** *Бала кезінен үйренді, кішкентайынан дағдыланды.* **Бойына байсалдылық келді.** *Өзін-өзі ұстады, сабырлы болды.* **Бойына бала бітті.** *Екіқабат болды, жүкті болды.* **Бойына бір шала сүйек бітпеді.** *Бала көтермеді.* **Бойына дарыды.** *Сіңді, тарады.* **Бойына дарытпады.** а) *Жуытпады, жақындатпады.* ә) *Бойына сіңірмеді; көңіліне жақын қабылдамады.* **Бойына жарасты**. *а) Бойына шақ келді, ұнады. ә) Үйлесті, келісті.* **Бойына жұқты**. *Денеге сіңді, тарады; пайдаға асты.* **Бойына ие болды.** *Қатайып алды, бекінді.* **Бойына кір [шаң, қылау] жуытпады [шалғызбады, жұқтырмады]**. а) *Қылау жұқтырмады, шаң жуытпады, тап-таза болып жүрді.* ә) *Еш нәрсеге қатысы жоқ, жазықсыз, кінәсіз болды.* **Бойына қайратын [қуатын] жиды.** *Қайраттанды, күшін жинады.* **Бойына қонды**. а) *Киім денеге шақ келді, дәл келді, жарасты.* ә) *Дарыды.* **Бойына қуат бітті.** *Күш, қайрат пайда болып, қайраттанды, жігерленді.* **Бойына сақтады**. *Естен шығармады, ұмытпады.* **Бойына тартты.** *Біреуді өзіне үйір қылды, жақындатты.* **Бойына тарту.** *Сіңіру.* **Бойына теңгерді.** *Өзіне тең санады, лайық санады, тең тұтты.* **Бойына үйірді.** *Өзіне тартты, қызықтырды.* **Бойын балады.** *Күй таңдады, бап іздеді.* **Бойын балқытты**. *Еркін биледі, рақатқа батырды.* **Бойын баурады.** *Еркін биледі, өзіне тартты, еліктірді.* **Бойын бекітті.** *Қайраттанды, күш алды.* **Бойын бермеді.** *Өзін-өзі ұстады, сыр шашпады.* **Бойын билей алмады.** *Састы, дегбірсізденді.* **Бойын биіктетті.** *Асқақтатты, жетілдірді, жаңа сапаға көтерді.* **Бойында дұға жоқ.** *Алланы еске алуды ұмытқан, бір Аллаға сыйынудан қалған деген мағынада.* **Бойында ерлігі жоқ.** *Белсіз, жыныстық қатынасқа қабілетсіз еркек.* **Бойында жігер қайнады.** *Қайраты тасыды, күші көбейді.* **Бойында күш-қаны тасыды.** *Күш-қайраты асты, қайраты тасыды.* **Бойында оты бар.** *Жігерлі, жалынды.* **Бойын жаза алмады**. *а) Денесі ауырлады. ә) Еркін, жайдары бола алмады.* **Бойын жиды.** а) *Тыңайып, күш алды.* ә) *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* б) *Теріс жолға түспеді, жамандықтан тартынды.* **Бойын жылытты.** *Тоңғанын басты.* **Бойын кейін салды.** *Өзін-өзі сырт тартты, жырақ ұстады, жақындамады, үйір болмады, басқамен араласпады.* **Бойын күтті [тарады].** *Үсті-басын түзеді, өз басын күтіп сәнденді.* **Бойын күткендік**. *Кербездік, сәнденушілік.* **Бойын [тұла бойын, денесін] құрсады.** *Өн бойын сірестірді, қысты.* **Бойын мұң басты.** *Еңсесі түсті, мұңайды.* **Бойын сұнды.** *Мойындады, дегеніне көнді.* **Бойын сылады.** *Өзін-өзі күтті, әдеміленді.* **Бойын тыйды [тартты]**. а) *Өзін-өзі тежеді, сақтанды.* ә) *Аулақ болды, жақындамады.* **Бойын ұстады.** *Нәпсіге ырық бермеді.* **Бойын үйретті**. *Жақын тартты, үйір қылды.* **Бойы сергіді.** а) *Денесі жеңілденді, тынықты.* ә) *Көңілі жадырады, еңсесі көтерілді.* **Бойы сыналды.** *Сыналды, сынға түсті.* **Бойы түршікті.** *Жаны шошынды, тітіркенді.* **Бойы үйренді.** *Көнді, көндікті, дағдыланды.* **Бойы шымырлады.** *Ерекше сезімге бөленді.*

**БОЙ-БАСЫ** зат. сөйл. *Үсті-басы.*

**Бой-басын түзеді**. *Өзін-өзі күтті, сәнденді.*

**БОЙ-БОЙ** сын. *Қатар-қатар, ұзын-ұзын.*

**Бой-бой болды**. *Ұзынынан дал-дал болып жыртылды.* **Бой-бойы терледі**. *Әбден тер басты, терге малшынды.* **Бой-бойы шықты**. *Әбден терледі.*

**БОЙДА** үст. *-ған/-ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, іс-әрекеттің алғашқы мезетін білдіреді.*

**БОЙДАЙ** сын. *Бойымен бірдей, бойы тәрізді.*

**БОЙДАҚ**[1] сын. **1.** *Үйленбеген, салт басты (жігіт).* **2.** *Тарттырылған еркек қой.* **3.** *Төлдемеген, қысыр (мал).*

**Бойдақ жігіт.** *Үйленбеген, басы бос жігіт.* **Бойдақ қой.** *Тарттырылған еркек қой.* **Бойдақ қой аулындай жер.** *Мына тұрған жер, жақын жер.* **Бойдақ сиыр.** *Сиыр, дөнежін, құнажын, ұрғашы тайыншалардың қысырлары.*

**БОЙДАҚ**[2]: **бойдақ бидай**. жерг. *Аңызға шыққан бидай, қодыра.*

**БОЙДАҚКЕРШІЛІК** зат. *Бойдақтық, бойдақ кездегі жігітшілік.*

**БОЙДАҚ-САЯҚ** зат. *Төлсіз қысыр мал, оқшау жүрген мал.*

**БОЙДАҚСЫРА=** ет. *Үйленгісі келу.*

**БОЙДАҚТА=** ет. *Серкені бөліп алып, қойдың алдына салу.*

**БОЙДАҚТАЙ** сын. *Бойдақ сияқты, бойдақ тәрізді.*

**БОЙДАҚТЫҚ** зат. *Салт бастылық, үйленбегендік.*

**БОЙДАҚТЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Бойдақтық.***

**БОЙДАҚШЫЛЫҚ** зат. *Бойдақ болушылық, салт бастылық, үйленбегендік.*

**БОЙДАНА** зат. өс. *Жұмыртқа тәрізді, ұшқылақты жапырақтары бар, биіктігі 20-40 см-дей, бұршақ тұқымдас, құ келген жерде өсетін, біржылдық малазықтық шөп.*

**БОЙЕНТ** зат. экон. *Қолайсыз жағдайлардың салдарынан баға оңай көтерілетін рыноктың жай-күйі.*

**БОЙЖАЗБА** зат. спорт. *Спортшының жаттығу өткізу немесе жарысқа қатысуының қарсаңында тәннің мүмкіндігін алдын ала жұмылдыру, алда тұрған жаттығуларды жоғары деңгейде орындауа дайындалу мақсатында дене жаттығуларының мақсатында дене жаттығуларының түрлерін орындау.*

**БОЙЖЕТКЕН** зат. *Кәмелетке толған, есейген қыз.*

**БОЙЖІП** зат. қолөнер. *Кілем өрмегіндегі жоғарыдан төмен қарай үш кейде төрт қатар болып тізілген жіп.*

**БОЙКОТ** [ағыл. boycott] зат. *Жеке адаммен, ұйыммен немесе мемлекетпен байланысты үзу түріндегі саяси және экономикалық күрестің әдісі.*

**Бойкот жасау**. сөйл. *Қарым-қатынасты үзу, сөйлеспей қою, араласпау.*

**БОЙКҮЙЕЗ** сын. *Мойны жар бермейтін енжар, селқос, еріншек.*

**Бойкүйез тартты**. *Енжарланды, еріндi, жалқауланды.*

**БОЙКҮЙЕЗДЕ=** ет. сөйл. *Енжарлану, селқостану, еріну.*

**БОЙКҮЙЕЗДЕН=** ет. *Мойны жар бермеу, жалқаулану, енжарлану.*

**БОЙКҮЙЕЗДЕУ** сын. *Енжарлау, жалқаулау.*

**БОЙКҮЙЕЗДІК** зат. **1.** *Бойкүйез болушылық, мойны жар бермеушілік, енжарлық, ерін-шектік.* **2.** пед. *Айтқан ақыл-кеңеске құлақ аспай, өз бетінше жүріп-тұрудан көрінетін мінездің жағымсыз жағы.*

**БОЙҚАЛАЙ** зат. өс. жерг. *Бойқаладай.*

**БОЙҚАЛАҚАЙ** зат. бот. *Сабағы тік, сидан түп жағы төрт қырлы көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БОЙЛА=** ет. **1.** *Биіктеп өсу, ұзару.* **2.** *Сұйық заттың бір нәрсенің бойымен жоғары көтерілуі, жайылып таралуы.* **3.** *Мойын соза қарау.* **4.** *Бір нәрсенің жерге, суға тереңдеп кіруі, батуы.* **5.** *Бір нәрсенің бойымен жағалай жүру, бойын қуалау.* **6.** *Жылқы малының тізгін бермей, қатты арындауы.* **7.** ауыс. *Бір нәрсенің байыбына бару, мәнін тереңірек түсіну, үңіле қарау.*

**БОЙЛАҒЫСЫЗ** сын. *Бойдан асатын, терең.*

**БОЙЛАЙ** үст. жерг. *Үнемі, ылғи.*

**БОЙЛАН=** ет. *Биіктеу, көтерілу.*

**БОЙЛАТ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің бойымен жағалай жүргізу, бойын қуалату.* **2.** *Тереңдету, батыру.* **3.** *Жеткізу, жақындату.*

**Бойлата ату.** әск. *Пулеметтерден, жекелеген зеңбіректерден, жаяу әскердің ұрыс мәшинесінен немесе танкілерден қарсыласқа жақын қашықтықтан кенеттен бір бағытта оқ жаудыру.*

**БОЙЛАТТЫР=** ет. **1.** *Биіктетіп өсірту, ұзартқызу.* **2.** *Тереңдете енгіздіру, кіргіздіру.*

**БОЙЛАТТЫРУ** *Бойлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОЙЛАТУ** *Бойлат етістігінің қимыл атауы.*

**БОЙЛАУ** *Бойла етістігінің қимыл атауы; жіті түсіну, жан-жақты меңгеру. // Мазмұн, мағына байлығы.*

**БОЙЛАУЫҚ** сын. **1.** *Бойлай өсетін, биік.* **2.** *Тізгін бермейтін арыншыл, басы асау. // Ешкімге бас имеген, ешқашан тежеу көрмеген.* **3.** ауыс. *Өршіл, әсер-қуаты күшті.*

**БОЙЛАУЫҚТЫҚ** зат. *Асқақтық, өршілдік.*

**БОЙЛЕР** [ағыл. boiler] зат. техн. *Бу немесе ыстық суды пайдаланып су жылытатын, жылу алмастыратын аппарат.*

**БОЙЛЫ** сын. *Бойы бар.*

**БОЙЛЫҚ**[1] зат. **1.** геогр. *Жер бетіндегі кез келген нүктенің орнын анықтайтын географиялық координаталардың бірі.* **2.** мат. *Кез келген нүктенің деңгейлік беттегі орнын анықтайтын шамалар жүйесіндегі ендікке қарама-қарсысы.*

**Бойлық жіп**. қолөнер. *Тоқылатын кілемнің немесе басқа бұйымның ұзына бойғы негізгі жіптері.*

**БОЙЛЫ-СОЙЛЫ** сын. жерг. *Ұзын бойлы, денесі ірі.*

**БОЙМАТА** зат. *Тек киім тігуге арналған мата.*

**БОЙӨРКЕН** зат. бот. *Өсімдіктің негізгі сабағынан жоғарғы бөлігі.*

**БОЙӨСЕР** зат. өс. *Мейіршөп (таудың жақпар тастарында дөңшеніп өсетін қасиетті саналатын шөп).*

**БОЙРА** зат. *Қамыстан тоқылған төсеніш зат.*

**БОЙРА-БОЙРА** үст. жерг. *Ағыл-тегіл.*

**БОЙРАДАЙ** сын. *Бойра сияқты, бойра тәрізді.*

**БОЙРАША** үст. *Бойра сияқтанып, бойраға ұқсап.*

**БОЙСКАУТ** зат. кәс. *Скаут ұйымының мүшесі болған бала немесе жасөспірім.*

**БОЙ-СОЙ** зат. жерг. *Тұлға, бойы, дене бітімі.*

**БОЙСҰН=** ет. **1.** *Жуасу, басылу.* **2.** *Жуасу, басылу.* **3.** *Бағыну.*

**БОЙСҰНДЫР=** ет. *Бағындыру, мойындату.*

**БОЙСҰНДЫРУ** *Бойсұндыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОЙСҰНУ** *Бойсұн етістігінің қимыл атауы.*

**БОЙСЫЗ** сын. *Қысқа, аласа, ұзын емес.*

**БОЙТЕМІР** зат. жерг. *Су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.*

**БОЙТҰМАР** зат. **1.** этн. *Тіл-көзден сақтау үшін мойынға, не киімге тағатын дұға сөз жазылған үш бұрыштап сыртын матамен қаптап тіккен қағаз.* **2.** ауыс. *Ерекше қадір тұтатын қасиетті нәрсе.*

**БОЙТҰМАРДАЙ** сын. *Бойтұмар сияқты, бойтұмар тәрізді.*

**Бойтұмардай сақтады**. *Ерекше қадір тұтты, қасиетті санады.*

**БОЙҰСЫН=** ет. сөйл. ***Бойсұну.***

**БОЙҰСЫНУ** *Бойұсын етістігінің қимыл атауы.*

**БОЙШАҢ** сын. **1.** *Ұзын бойлы, сұңғақ.* **2.** *Биіктеу.* **3.** *Ұзындау.* **4.** *Сирақтары ұзын.*

**БОЙШАҢДАН=** ет. *Бойы ұзару, өсу, биіктеу.*

**БОЙШАҢДАУ** сын. *Бойы ұзынырақ, сұңғақтау, биіктеу, ұзындау.*

**БОЙШАҢДЫҚ** зат. *Бойшаң болушылық, ұзын бойлылық, биіктік, сұңғақтық.*

**БОЙШАҢЫРАҚ** сын. *Бойы биігірек, сұңғақтау.*

**БОЙЫ**: **сол бойы, сол [бойымен]**. *Сол қалпымен, сол бетімен, сол күйінде.*

**БОЙЫНДЫҚ** сын. жерг. *Біреудің немесе бір нәрсенің бойына сәйкес келетін.*

**БОЙЫНША** шыл. *Бір нәрсеге сәйкес, лайық.*

**БОКАЛ** [франц. bocal] зат. *Шарап құйып ішуге арналған табаны бар шыны ыдыс.*

**Бокал көтерді.** *Батыс елдерінің мәдениеті бойынша салтанатты жиында, тойларда тілек айтып, соңынан шарап немесе аққайнар ішу салтын білдіретін ишарат.*

**БОКИТ** зат. хим. *Ванадаттар тобына жататын Қазақстан жерінде табылған минерал.*

**БОККА** зат. геол. *Жанартау биіктіктерінің өзге өңірлерінде пайда болып, ауық-ауық жанартау атқылауының болмашы белгілерін байқап отыратын тесік.*

**БОКС**[1] [ағыл. box] зат. спорт. *Арнайы қолғап киіп, белгілі ереже бойынша жұдырықтасып сайысатын спорт түрі.*

**Бокс секциясы.** *Бокспен айналысуды үйрететін секция.*

**БОКС**[2] [ағыл. box] зат. мед. *Жұқпалы ауруларға шалдыққан науқастарды, сондай-ақ ауыр науқастарды оқшаулайтын жеке бөлме.*

**БОКСЕР** [ағыл. boxer] зат. спорт. ***Боксшы.***

**БОКСЕРКА** зат. спорт. *Боксшының арнайы аяқкиімі.*

**БОКСҚАП** зат. *Соққыларды жетілдіру үшін пайдаланатын жабдық.*

**БОКСЕРЛІК** зат. *Бокспен шұғылданушылық, боксер болушылық.*

**БОКСИТ** [франц. beauxite] зат. геол. *Алюминий металы алынатын тау кені, руда.*

**БОКСИТТІ** сын. геол. *Бокситі бар, боксит араласқан.*

**БОКСТАС=** ет. спорт. *Бокспен айналысу, екі боксшының жұдырықтарына бокс қолғабын киіп, бокс ережесімен бір-біріне соққы беруі.*

**БОКСТАСУ** *Бокстас етістігінің қимыл атауы.*

**БОКСШЫ** зат. спорт. *Бокс спортымен айналысатын адам.*

**БОКСШЫЛДЫҚ** зат. *Боксқа әуесқойлық, бокске қызығушылық.*

**БОҚ** зат. тұрп. **1.** *Ас қорытылуынан пайда болатын қарындағы жын, ұлы дәрет, нәжіс.* **2.** *Қи, тезек, көң.* **3.** *Мұрыннан ағатын маңқа.* **4.** ауыс. *Арам нәрсе, рухани пайдасыз іс деген мағынада.*

**Боғы ботқа, сідігі сірке.** тұрп. *Барып тұрған салақ, лас, кір.* **Боғымен жасты.** тұрп. *Өзінен жасы әлдеқайда кіші.* **Боғын ақтарды.** тұрп. *Бар былығын ашты, әшкереледі.* **Боғын боталы түйе қылды.** тұрп. *Түкке тұрғысыз нәрсесін әлдеқандай етіп бұлдады.* **Боғын пышақтады.** тұрп. *Қатты ызаланды, долданды.* **Боғы сұйылды.** тұрп. *Берекесіздікке салынды, бұзылды деген мағынада.* **Боғы шықты.** тұрп. *Бүлінді, бұзылды.* **Боқ басты.** тұрп. *Болымсыз, абыройсыз іске ұрынды.* **Боқ басында.** тұрп. *Сол бойда, тұрған жерде.* **Боқ басында өлді.** *Бекерден-бекер, болымсыз нәрседен мерт болды.* **Боқ жеді**. тұрп. *Бос сөйледі, мылжыңдап тұрып алды.* **Боқ жеме.** тұрп. *Көп сөйлеме дегенді білдіретін боғауыз сөз.* **Боққа жарамайды.** тұрп. *Түкке тұрғысыз, ештеңеге жарамайды, іске аспайды.* **Боққа тұрмайды.** тұрп. *Түк емес, құнсыз, бағасыз.* **Боқ сасыды.** қарап. *Керексіз, қадірсіз болып қалды.* **Боқтан оңай.** тұрп. *Түк те емес, тіптен оп-оңай, бұйым емес.* **Боқтан өзге.** тұрп. *Түкке тұрғысыз, жоқтан өзге.* **Боқты сідікпен жуу.** тұрп. *Лас істің артын тағы да лас әрекетпен жабу.*

**БОҚАТ** зат. **1.** *Қыздырылған, балқыған темірден бөлінетін қоқыс, шлак және солардың үйіндісі.* **2.** *Астық тазалағанда бөлінетін шар.*

**БОҚЖАМА** зат. сөйл. ***Боғжама.***

**БОҚҚАРЫН** сын. тұрп. экспр. *Жуан, мес қарын. // Жуан, семіз немесе жалқау жатыпішер адам деген мағынада.*

**БОҚМҰРЫН** сын. тұрп. экспр. *Есеймеген, ақылы толмаған. // Қолынан түк келмейтін бала. // Жас, тәжірибесіз бала.*

**БОҚСЫҚ** зат. сөйл. ***Боқтық.***

**БОҚТА=** ет. **1.** жерг. *Жерге көң шашу.* **2.** ауыс. *Балағаттау, былапыт сөзбен тілдеу.* **3.** ауыс. *Қаралау, жамандау.*

**БОҚТАМПАЗ** сын. *Дөрекі, балағат сөзді айтқыш (адам), боқтағыш.*

**БОҚТАМПАЗДАУ** сын. *Балағат сөзді көп айтатын, боқтағыштау.*

**БОҚТАН=** ет. сөйл. *Өздігінен балағат сөз айту.*

**БОҚТАНШАҚ** сөйл. сын. *Боқтампаз, балағат сөзді көп айтатын адам.*

**БОҚТАС** зат. сөйл. *Боқтық сөз, былапыт, жаман сөз.*

**БОҚТАС=** ет. сөйл. *Бір-біріне балағат сөз айтысу, бірін-бірі боқтау, тілдеу.*

**БОҚТАСУ** сөйл. *Боқтас етістігінің қимыл атауы.*

**БОҚТАТ=** ет. сөйл. *Балағат сөз айтқызу.*

**БОҚТАТУ** зат. сөйл. *Боқтат етістігінің қимыл атауы; балағаттату, тілдету.*

**БОҚТАУ**[1] сөйл. *Боғауыз, балағат сөз.*

**БОҚТАУ**[2] *Боқта етістігінің қимыл атауы; балағаттау, тіл тигізу.*

**Боқтау сөз.** *Боқтық сөз, жаман, былапыт, балағат сөз.*

**БОҚТАУЫҚ** сын. *Боқтағыш, боқтық сөз айтқыш.*

**БОҚТАШАҚ** зат. қарап. *Ұсақ-түйек, түкке тұрғысыз нәрсе. // Жас, қауқары аз, әлсіз, тәжірибесіз.*

**БОҚТЫ** сын. қарап. тұрп. *Лас, жаман, оңбаған деген мағынада айтылатын тұрпайы сөз.*

**БОҚТЫҚ** зат. сөйл. **1.** *Күресінге шығарылып тасталатын қоқыр-соқыр, сыпырынды, қоқсық.* **2.** жерг. *Бастырылған астықты тазалаудан шығатын қалдық, шар, боқат.* **3.** *Ұсақ-түйек, болмашы нәрсе.* **4.** *Боғауыз, дөрекі, былапыт сөз.*

**Боқтық сөз**. *Боғауыз, былапыт сөз.*

**БОҚША**[1] зат. көне. *Иленген ешкі терісімен немесе былғарыдан тігілген қалта, сөмке.*

**БОҚША**[2] үст. *Боққа ұқсап, боқ сияқтанып.*

**БОҚША**[3] зат. *Ескі-құсқы, қоқыр-қоқыс.*

**БОҚШАНТАЙ** зат. сөйл. жерг. ***Оқшантай.***

**БОҚЫ**: **боқысын шығарды.** сөйл. *Апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.*

**БОҚЫРАУ** зат. *Қар жауып, суық түсе бастаған кез; күздің амалы.*

**БОҚЫРАУШЫ** зат. жерг. *Көпей, кенже туған төл.*

**БОЛ=** ет. **1.** *Белгілі бір оқиғаның я құбылыстың іске асуы, өтуі.* **2.** *Нақтылы бір амал-әрекетті аяқтау, бітіру, тындыру.* **3.** *Бірге отыру, қатысып көру.* **4.** *Мақсатқа жету, жетісу, толықсу.* **5.** *Есім сөздермен тіркесіп, бір күйден екінші күйге ауысуды, өтуді білдіреді.* **6.** *Есім сөздермен тіркесіп бар, бар екен, бар еді дегенді білдіреді.* **7.** *Есім сөздермен тіркесіп, еді, екен мағынасында қолданылады.* **8.** *Бұйрық райдың үшінші жағындағы және -уға тұлғалы түйық етістікпен тіркесіп мақұлдау, рұқсат ету, келісуді білдіреді.* **9.** *Болымсыз тұлғада тұрып, бой бермеу, мойындамау, көнбеу, келіспеуді білдіреді.* **10.** *Есім сөздермен тіркесіп бір нәрсенің ыңғайында қалуды білдіреді.* **11.** *Жарайды, бітті, жетеді деген ұғымды білдіреді.* **12.** *Асықтыру, жылдамдату, тездетуді білдіреді.* **13**. *Біреумен жыныстық қатынас жасады дегенді жасырып айтқанда қолданылады.*

**Болар бала боғынан.** тұрп. *Адам болар бала жасынан-ақ белгілі.* **Болар іс [болары] болды.** *Не де болса бітті.* **Болары болды, бояуы сіңді.** *Бітер іс бітті, енді өзгертуге болмайды.* **Болса болмаса да.** *Өзінен-өзі, былай да.* **Болғанын білмеді.** *Есейіп ер жеткенін, кәмелетке жеткенін сезбеді.* **Болып көрмеген.** *Бұрын-соңды болмаған, кездеспеген.*

**БОЛА** шыл. *Алдындағы негізгі сөздің барыс септігінде тұруын талап ететін, үшін мағынасында қолданылатын шылаулық мәндегі сөз.*

**БОЛАЖНА** [ор. положенный] зат. көне. *Болыс, билердің сыбағасына тиетін алым-салық.*

**БОЛАЙЫН** од. экспр. **1.** жағымды. *Риза болуды білдіретін сөз.* **2.** жағымсыз. *Ренжу, кею сияқты пәс көңілді білдіретін сөз.*

**БОЛАР-БОЛМАС** сын. *Білінер-білінбес, болмашы, елтеген. //* үст. *Сәл ғана.*

**БОЛАРДА-БОЛМАЙ** үст. *Қоярда-қоймай, зорлағандай.*

**БОЛАСЫ** зат. сөйл. **1.** *Болатын іс, болашақ.* **2.** *Болған іс, өткен жағдай.*

**БОЛАТ**[1] ар. зат. **1.** *Белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.* **2.** ауыс. *Қайтпас қайсар, табанды, төзімді адам.* **3.** ауыс. *Болаттан соғылған қылыш, қанжар, т.б. деген мағынада. // Берік, мықты, қатты. // Болаттан жасалған.*

**Болат кеспек.** тех. *Ауа қысымымен ерітіп ажырату процесі жүргізілетін, іші коррозияға төзімді заттармен қапталған, болаттан жасалған цилиндр кеспек.* **Болат қайтты.** бейн. *Күш-қуаты азайды; қартайды.* **Болат қияқ.** поэт. *Берік қанат, қатты қауырсын.* **Болат қолдар.** поэт. *Күш-қуатты жігерлі адамдар деген мағынада.* **Болат қорыту өндірісі.** кен. *Шойын қорытпаларын балқыту жолымен болат өндіретін ауыр өнеркәсіптің бір саласы.* **Болат құймасы.** кен. *Болат балқытпасы, ерігген болат.* **Болат құралымдар.** құр. *Бөлшектері болаттың әртүрлі маркаларынан жасалынған, күш түсетін құрылыстық құралымдар.* **Болат құюшы.** *Металлургия саласының маманы, шойын балқытушы.* **Болат қылыш кетілді.** бейн. *Қайсар, мықты, қанша күшті болса да, қайғы жықты деген мағынада.* **Болат қылыш өтпей қалмас**. *Текті, бекзат адам қашанда тектіліктен айырылмас.* **Болат найза.** *Ұшы болаттан жасалған найза.* **Болат семсер.** *Сапалы, өткір семсер.* **Болат темір босанды.** поэт. *Беті қайтты, тауы шағылды.* **Болатты суықпен өңдеу.** кен. *Құрылымында қалдықтық аустенит бар шыныңтырылған болатты 0° С-тан төмен температураға дейін суыту; болатты термиялық өңдеудің бір түрі.* **Болатты шыныңтыру.** тех. *Болатты белгілі бір температурада және белгілі бір уақыт бойы қыздырғаннан кейін тез суыту (суару).*

**БОЛАТ**[2] зат. саят. *Бүркіт саусағының үстіндегі буын-буын бұдырлар.*

**Болат тұяқ.** *Мықты, берік тұяқ (жылқы туралы).*

**БОЛАТ**[3] зат. жерг. *Көздің нұры, жанары, қарашығы.*

**БОЛАТКОМ** зат. тар. *Болыстық атқару комитеті дегеннен қысқарған сөз.*

**БОЛАТСЫЗ**[1] сын. *Болат қосылмаған.*

**БОЛАТСЫЗ**[2] сын. *Көздің нұры тайған, жанарсыз.*

**БОЛАТТАЙ** сын. *Болат сияқты, болат тәрізді.*

**Болаттай берік.** *Болат секілді мықты.* **Болаттай берік мінез.** *Табанды, қайсар мінез.*

**БОЛАТША** үст. *Болатқа ұқсап, болат сияқтанып.*

**БОЛАТШЫ** зат. *Болат қорытушы, болат құюшы, кәсіп иесі.*

**БОЛАШАҚ** зат. **1.** *Алдағы уақыт, келешек. // Алдағы уақытта жасалатын, болатын, шығарылатын, келешектегі.* **2.** *Кейінгі ұрпақ, ел, ұлт мағынасында.*

**БОЛАШАҚТЫҚ** сын. *Болашаққа арналған.*

**Болашақтық жоспар.** экон. *Ұзақ мерзімге арналғаны 10-15 жылға, орташа мерзімге арналғаны 3-5 жылға лайықталған жоспар.*

**БОЛБИ=** ет. сөйл. ***Болпи.***

**БОЛ-БОЛ** үст. сөйл. *Тез-тез, шапшаң.*

**Бол-болдың астына алды.** *Асықтырды, састырды.*

**БОЛ-БОЛДА=** ет. сөйл. *Бол-бол деп асықтыру.*

**БОЛ-БОЛДАУ** сөйл. *Бол-болда етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛ-БОЛДЫ** зат. жерг. *Ерте пісетін қауынның бір түрі.*

**БОЛБЫР**[1] зат. өс. <лат. hydrilla> *Сукөрік тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БОЛБЫР**[2] сын. **1.** *Шымыр емес, бос, босаң (дене).* **2.** ауыс. *Сылбыр, ынжық, болжыр (мінез).*

**БОЛБЫРА=** ет. *Босаңсу, босаң тарту.*

**БОЛБЫРАЙ=** ет. эксп. *Болбырау, босаңсу, былжырау.*

**БОЛБЫРАҚ** сын. ***Болбыр.***

**БОЛБЫРАТ=** ет. *Босаңсыту, болбырайту.*

**БОЛБЫРЛАУ** сын. *Босаңдау, сылбырлау.*

**БОЛБЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Босаңдық, сылбырлық.* **2.** *Нәзіктік, бостық.*

**БОЛГАР** зат. *Балқан түбегін мекендейтін славян тұқымдас халық, ұлт.*

**Болгар таяқшасы.** мед. *Сүт қышқылын түзетін, адам организмі үшін пайдалы бактерия түрі.* **Болгар тілі.** *Оңтүстік славян тілдерінің бірі, болгар ұлтының тілі.*

**БОЛГАРДАЙ** сын. *Болгар сияқты, болгар тәрізді.*

**БОЛГАРША** үст. **1.** *Болгар сияқтанып, болгарға ұқсап.*

**БОЛГАРШАЛА=** ет. *Болгар тіліне аудару, болгар тілінде сөйлеу.*

**БОЛГАРШАЛАУ** *Болгаршала етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛҒАЙ=** ет. сөйл. *Болсын, болса екен.*

**БОЛҒАНСУ** *Болғансы етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛҒАНСЫ=** ет. *Бір нәрсеге ұқсағансу, солай көрінуге тырысу.*

**БОЛҒАН-ТОЛҒАН** сын. сөйл. *Кемеліне келген, кенелген, мақсатына жеткен, жетілген.*

**БОЛҒАН-ТҰРҒАНЫ** зат. сөйл. *Бар бітім-болмысы.*

**БОЛҒАНША** үст. **1.** *Солай болғаннан гөрі, өйткенше.* **2.** *Белгілі бір шекке, межеге дейін.*

**БОЛҒЫЗ=** ет. *Жасату, істету, орындату.*

**БОЛҒЫЗУ** *Болғыз етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛҒЫР**: **бар болғыр.** экспр. тілек. *Біреуге немесе бір нәрсеге риза болғанда айтылатын сөз.*

**БОЛҒЫШ** сын. *Оңай бола салатын.*

**БОЛДАҚ** зат. жерг. *Шалбардың белбеу өткізетін жері.*

**БОЛДЫР**[1]**=** ет. *Жасату, істету, жүзеге асырту.*

**БОЛДЫР**[2]**=** ет. *Титықтау, әлі құрып шаршау.*

**БОЛДЫРҒЫШ** сын. *Тез шаршағыш, төзімді емес.*

**БОЛДЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Шаршағыштық, әлсіздік.*

**БОЛДЫРМАУ** зат. инф. <ағыл. cancel> *Жақын арада таңдалып алынған компьютер әрекетін орындамау, қайтарып алу әмірі.*

**БОЛДЫРТ[1]=** ет. *Істеткізу, жүзеге асырту.*

**БОЛДЫРТ[2]=** ет. *Шаршаттыру, діңкелеткізу.*

**БОЛДЫРТ[3]=** ет. *Шаршау, діңкелеу, титықтау.*

**БОЛДЫРТУ** *Болдырт етістігінің қимыл атауы; істету, жүзеге асырту.*

**БОЛДЫРУ[1]** *Болдыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛДЫРУ[2]** *Болдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаршау, титықтау, діңкелеу.* **2.** психол. *Адамның жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуін көрсететін психологиялық құбылыс.*

**БОЛЕРО** [исп. bolero] зат. *Испан халық биі.*

**БОЛЖА=** ет. *Алдын-ала шамалау, тұспалдау, долбарлау, жорамалдау.*

**БОЛЖАҒЫШ** сын. *Алдын ала байқағыш, тұспалдағыш, көреген.*

**БОЛЖАҒЫШТЫҚ** зат. *Көрегендік.*

**БОЛЖАЛ** зат. **1.** *Бағыт, меже, бағдар.* **2.** *Жорамал, тұспал, болжам.*

**БОЛЖАЛ=** ет. *Жоспарлану, шамалану, бағдарлану.*

**БОЛЖАЛА=** ет. сөйл. ***Болжалда.***

**БОЛЖАЛДА=** ет. **1.** *Бағдарлау, шамалау.* **2.** *Жорамалдау, тұспалдау.*

**БОЛЖАЛДАН=** ет. *Шамалану, бағдарлану.*

**БОЛЖАЛДАС=** ет. *Тұспалдасу, жорамалдасу.*

**БОЛЖАЛДАУ** *Болжалда етістігінің қимыл атауы; шамалау, тұспалдау.*

**БОЛЖАЛДЫ** сын. *Белгіленген, межелі.*

**БОЛЖАЛДЫҚ**: **болжалдық сан есім**. лингв. *Белгілі бір заттар мен құбылыстың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап қана шамамен атайтын сөздер.*

**БОЛЖАЛСЫЗ** сын. *Болжал жасалынбаған, беймәлім.*

**БОЛЖАЛУ** *Болжал етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛЖАМ** зат. **1.** *Жорамал, тұспал, болжал.* **2.** терм. <грек. hypothesis> *Мәні толық анықталмаған заттар, құбылыстар мен қатынастар туралы ұсынылатын ғылыми жорамал.*

**Болжам картасы.** геол. *Табылып қалуы мүмкін кенді алыптар мен аудандар туралы болжамдарды бейнелейтін карталар.*

**БОЛЖАМА** зат. ***Болжам.***

**БОЛЖАМАЛЫ** сын. сөйл. ***Болжалды.***

**БОЛЖАМДА=** ет. *Тұспалдау, болжалдау, түйіндеу.*

**БОЛЖАМДЫ** сын. *Болжам жасалған, болжамдалған.*

**Болжамды соғыс сипаты.** әск. *Мемлекет басшылары мен әскери қайраткерлердің соғыс оқиғасының қалай дамитынын болжау әрекеті.*

**БОЛЖАМДЫҚ** сын. *Болжам жасарлық, болжамды.*

**БОЛЖАМПАЗ** сын. *Көреген, болжағыш, жорамалшыл.*

**БОЛЖАМПАЗДЫҚ** зат. *Көрегендік, болжағыштық.*

**БОЛЖАМСЫЗ** сын. *Болжамы жоқ, бағдарсыз, жорамалсыз, болжалсыз.*

**БОЛЖАМШЫ** зат. **1.** *Алдын-ала болжап білетін адам.* **2.** ***Болжаушы*** *(күн райын бақылаушы маман).*

**БОЛЖАН=** ет. *Шамалану, жоспарлану, күтілу.*

**БОЛЖАНУ** *Болжан етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛЖАТ=** ет. *Шамалату, тұспалдату.*

**БОЛЖАУ[1]** **1.** *Болжал, тұспал, долбарлау, жорамал, тұжырым.* **2.** терм. <грек. hypothesis> ***Болжам.***

**Болжау салды.** *Болжам жасады, бағдарлап көрді, шамалады.* **Болжау шегі.** экон. *Жекеленген кәсіпорынның да, жалпы экономиканың да дамуын болжауға үміт артылатын уақыт аралығы.*

**БОЛЖАУ[2]** *Болжа етістігінің қимыл атауы; тұспалдау, долбарлау, анықтау.*

**БОЛЖАУЛЫ** сын. *Болжалды, жорамалданған, болжам жасалған.*

**БОЛЖАУСЫЗ** сын. *Болжау жасалынбаған, болжамсыз.*

**БОЛЖАУСЫЗДЫҚ** зат. *Болжаусыз болушылық, тосындық.*

**БОЛЖАУШЫ** зат. **1.** *Болжап білуші, бағдарлаушы.* **2.** *Барлаушы, шолғыншы, бақылаушы.* **3.** *Күн райы бақылаушы маман.*

**БОЛЖАУШЫЛ-ДІНШІЛДЕР** зат. стиль. *Діни білімі саяз адамдар тобы деген мағынада.*

**БОЛЖАУШЫЛЫҚ** зат. *Болжаушы болушылық, көрегендік, болжампаздық.*

**БОЛЖАУЫНША** үст. *Жорамалынша, байқауынша.*

**БОЛЖЫР** сын. *Болбыр, бос.*

**БОЛЖЫРА=** ет. **1.** *Босау, болбырау, қожырау.* **2.** ауыс. *Егілу, езіліп жылау.*

**БОЛЖЫРЛАУ** сын. *Босаңдау, болбырлау.*

**БОЛИВАР** [исп. Bolivar] зат. *100 сентимоға тең Венесуэланың ақша өлшемі.*

**БОЛИД** [грек. bolis] зат. астр. *Өте жарық әрі көлемді ірі метеор.*

**БОЛМАС: болмас нәрсе.** *Түкке тұрмайтын зат, ұғым, әрекет.*

**БОЛМАСА** шыл. *Немесе, әйтпесе, ендеше.*

**БОЛМАШЫ** сын. **1.** *Азғантай, шамалы.* **2.** *Болар-болмас, сәл-пәл.* **3.** ауыс. *Жоқтан өзге, ұсақ-түйек. // Кішкене нәрсе, ұсақ-түйек.*

**БОЛМЫС[1]** зат. **1.** *Дене-бітім, тұла бой.* **2.** *Табиғаты, жаратылысы. // Күш-қуат, әл.*

**БОЛМЫС[2]** зат. филос. *Объективті дүниенің, материяның санадан тыс өмір сүретінін көрсететін философиялық категория; тіршілік, тұрмыс, өмір.*

**БОЛМЫС-БІТІМ** зат. *Бар бет-бейнесі, тұрқы.*

**БОЛОМЕТР** [көне. грек. bole – сәуле, metron – өлшем] зат. астр. *Түскен жарықтың энергиясын өлшейтін құрал.*

**БОЛОНЬЯ** зат. **1.** *Бір жақ беті су өткізбейтін жабынмен қапталған нейлонды плащ кездемесі.* **2.** *Осындай кездемеден тігілген плащ.*

**БОЛПАҢ** сын. *Бос, болбыр, босаң.*

**БОЛПАҢДАУ** сын. ***Болбырлау.***

**БОЛПАШ** сын. экспр. **1.** *Ақсүйек, мырза.* **2.** *Дайынға үйренген, еті тірі емес, бос.*

**БОЛП-БОЛП** елік. *Болп-болп еткен ебедейсіз қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Болп-болп басты.** *Асықпай, маңғаздана жүрді.*

**БОЛПИ=** ет. *Дененің семіріп толығуы, болбыраю.*

**БОЛПЫҚ** сын. сөйл. *Бос, болбыр.*

**БОЛПЫЛДА=** ет. *Болп-болп ету, болбырау.*

**БОЛПЫЛДАҚ** сын. *Жұмсақ, бос.*

**БОЛПЫЛДАҚТАУ** сын. *Болпаштау, болпиғандау.*

**БОЛПЫЛДАТ=** ет. *Болп-болп еткізу.*

**БОЛТ** зат. тех. *Құрылыс және мәшине бөлшектерін біріктіруге арналған бұрандалы металл бекіткіш.*

**БОЛУ** *Бол етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мақсатқа жету, іске асыру.* **2.** *Қандай да бір күйге ену.*

**БОЛУ-БОЛМАУ=** ет. *Болу, я болмау.*

**БОЛЫҚ[1]** зат. жерг. *Төсектің астына салатын төсегіш.*

**БОЛЫҚ[2]** сын. жерг. *Болып-толған, дәуірлеген.*

**БОЛЫМ**: **болымы жоқ**. *Талапсыз, жігерсіз, енжар.*

**БОЛЫМДЫ** сын. **1.** *Тындырымды, жарамды, мықты, іскер.* **2.** *Кескінді, келбетті, тұлғалы.*

**Болымды етістік.** лингв. *Болған, болатын, я болып жатқан ақиқаттағы іс-әрекетті білдіретін етістік.* **Болымды сөйлем.** лингв. *Объективті болмыстың, ойдың, іс-әрекеттің орындалғанын, орындалатынын хабарлайтын сөйлем.*

**БОЛЫМДЫ-БОЛЫМСЫЗ** сын. *Болымдысы да, болымсызы да аралас.*

**БОЛЫМСЫЗ** сын. **1.** *Болар-болмас, азғана, сәл-пәл.* **2.** *Мардымсыз, өнімсіз; ұсақ-түйек.* **3.** ауыс. *Шалағай, тындырымсыз, икемсіз.*

**Болымсыз етістік**. лингв. *Іс-әрекеттің болмағанын, я болмайтынын білдіретін етістік.* **Болымсыз сөйлем.** лингв. *Объективті болмыстың, ойдың, іс-әрекеттің болмайтынын, орындалмағанын хабарлайтын сөйлем.*

**БОЛЫМСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Болымсыз болушылық, шалағайлық, тындырымсыздық.* **2.** лингв. *Сөйлемде айтылатын кейбір құбылыстардың арасындағы байланыстың жоқ екендігін көрсететін сөйлем мағынасының элементтері арқылы берілетін грамматикалық категория.*

**Болымсыздық есімдігі.** лингв. *«Еш» сөзімен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалған, болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктер.*

**БОЛЫМШЫ** сын. сөйл. ***Болмашы.***

**БОЛЫН=** ет. сөйл. *Біту, жасалыну.*

**БОЛЫП-ТОЛ=** ет. *Кемеліне келіп, тасы өрге домалау, гүлдену, дәуірлеу.*

**БОЛЫС[1]** [ор. волость] зат. тар. **1.** *Патшалық Ресей қол астындағы Қазақстанның аумақтық әкімшілік бөлігі.* **2.** *Бір болыс елдің әкімі, басқарушысы.*

**Болыс сайлауы.** тар. *Бірнеше ауылдан тұратын ірі аймақ басқарушысын дауыс беру жолымен сайлайтын кеңес, жиын өткізу ісі.*

**БОЛЫС[2]: болыс үй.** жерг. этн. *Ұзататын қызға арналған кеш.*

**БОЛЫС=** ет. **1.** *Біреуге қол ұшын беру, жәрдемдесу, көмектесу.* **2.** *Біреудің сөзін сөйлеп, қошеметтесу, жақтау, қолдау, қуаттау.*

**БОЛЫСЕКЕ** зат. экспр. *Болысты құрметтеу, ізет білдіру ретінде айтылатын сөз.*

**БОЛЫСКЕЙ** [ор. польский] сын. *Жарқыраған ақ никельді, ақ никель жалатқан.*

**БОЛЫСҚЫШ** сын. *Жәрдемдескіш, көмектескіш, қол ұшын бергіш.*

**БОЛЫССЫМАҚ** зат. экспр. жағымсыз. *Болыс болғансыған адам.*

**БОЛЫСТАС** зат. тар. *Бір болыс елге қарайтын, жерлес.*

**БОЛЫСТАТ=** ет. сөйл. *Бір болыс елді аралау, шарлау, ұзақ қыдыру.*

**БОЛЫСТАТУ** *Болыстат етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛЫСТЫҚ[1]** зат. *Болысушылық, ара түсушілік, жәрдемдесушілік, көмек.*

**Болыстық жасады [қылды].** *Жәрдемдесті, көмек жасады.*

**БОЛЫСТЫҚ[2]** зат. *Болыс болушылық, әкімшілік.*

**БОЛЫСТЫҚ[3]** сын. *Бір болыс көлеміндегі.*

**БОЛЫСУ** *Болыс етістігінің қимыл атауы; көмектесу, жәрдемдесу, жақтасу.*

**БОЛЫСУШЫ** зат. *Жәрдемдесуші, көмектесуші, жақтасушы.*

**БОЛЫСУШЫЛЫҚ** зат. *Жәрдемдесушілік, көмектесушілік.*

**БОЛЫСШЫЛ** сын. экспр. *Болысты жақтағыш; болыс болуды ұнатқыш.*

**БОЛЬШЕВИЗМ** зат. совет. саяси. *Ресейдегі пролет революциялық қозғалысындағы теориясы мен тактикасын белгілейтін лениндік ілім, ленинизм.*

**БОЛЬШЕВИК** зат. совет. тар. *Большевизм жолын ұстаушы, соны жақтаушы, коммунист.*

**БОЛЬШЕВИКТЕН=** ет. совет. *Большевиктік жолға түсу, большевизмге берілу.*

**БОЛЬШЕВИКТЕНДІР=** ет. совет. *Большевик ету, большевизм жолына түсіру.*

**БОЛЬШЕВИКТЕНДІРУ** *Большевиктендір етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛЬШЕВИКТЕНУ** совет. *Большевиктен етістігінің қимыл атауы.*

**БОЛЬШЕВИКТІК** сын. совет. *Большевикке тән, большевикке қатысты.*

**БОЛЬШЕВИКШЕ** үст. совет. *Большевик тәрізденіп, большевикке ұқсап.*

**БОМАЗИ** зат. *Жұмсақ, түкті кездеме.*

**БОМБА** [франц. bombe] зат. әск. *Іші жарылатын оқ-дәрімен толтырылған жарылғыш, тұтанғыш снаряд.*

**Бомба болып жарылды.** бейн. *Ашуын ұстамады, ызасын сыртқа білдірді.*

**БОМБАДАЙ** сын. *Бомба сияқты, бомба тәрізді.*

**БОМБАЛА=** ет. *Бомба тастау арқылы әуе шабуылын жүргізу.*

**БОМБАЛАТ=** ет. *Бомба тастату.*

**БОМБАЛАТУ** *Бомбалат егістігінің қимыл атауы.*

**БОМБАЛАУ** *Бомбала етістігінің қимыл атауы.*

**БОМБАЛАУШЫ** сын. *Бомба тастайтын, бомбалайтын.*

**Бомбалаушы авиация**. әск. *Жаудың құрлықтағы я теңіздегі нысандарына бомба және зымыран тастауға арналған ұшақтардан тұратын әуе әскері.*

**Бомбалаушы ұшақ.** әск. *Бомбалаушы авиацияның бірлігі, әскери ұшақ.*

**БОМБАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Бомба тастаушылық.*

**БОМБАЛЫ** сын. *Бомбамен қаруланған, бомбасы бар.*

**БОМБАПАНА** зат. әск. *Авиациялық бомбалардың соққы беру, жарықшақты, фугасты іс-әрекеттерінен қорғанатын таса, арнаулы орын.*

**БОМБАРДА** [франц. bombarde] зат. әск. көне. **1.** *XIV-XVII ғасырларда қолданылған тас бытырамен ататын зеңбірек.* **2.** *Бомба лақтыратын қысқа мойынды зеңбірегі бар, қос діңгекті көлік кемесі.*

**БОМБАРДИР** [нем. Bombardier] зат. спорт. *Ең көп доп (шайба) салған шабуылшы.*

**БОМБАІЗДЕУІШ** зат. әск. *Корпустары ферромагнитті материалдан жасалған, снарядтар мен авиациялық бомбаларды іздеуге арналған магнистометрлік аспап.*

**БОМБАРДИРОВЩИК** о р. зат. әск. ***Бомбалаушы ұшақ.***

**БОМБАША** үст. *Бомбаға ұқсап, бомба секілденіп.*

**БОМБИЛ** зат. зоол. *Жапония маңында, Үнді мұхитының солтүстік жағалауында кездесетін кәсіптік маңызы бар, жұмсақ етті балықтар; миктофотәрізділердің бір тұқымдасы.*

**БОМБОВОЗ** зат. әск. *Бомба тасиытын ұшақ.*

**БОМБЫ** зат. сөйл. ***Бомба.***

**БОМБЫЛА=** ет. сөйл. ***Бомбала.***

**БОМБЫЛАТ=** ет. сөйл. ***Бомбалат.***

**БОМБЫЛАУ** *Бомбала етістігінің қимыл атауы.*

**БОМЖ** зат. *Тұрғылықты мекен-жайы жоқ, жұмыссыз, қаңғыбас адам.*

**БОМОНД** [франц. beau monde] зат. *Зиялы қауым өкілдері (билік органдары өкілдері, кәсіпкерлер, атақты мәдениет қайраткерлері, ірі саясатшылар т.с.с. ).*

**БОН** [голл. boom] зат. тар. *Дұшпан кемелері, торпедо қайықтары өтіп кетпеу үшін тосқауыл қызметін атқаратын бөренелерден, торлардан, т.с.с. жасалған құрылым.*

**БОНА**[1] [лат. bonus] зат. экон. *Түрлі елдердің қазынашылығы, муниципалдық органдары, жеке фирмалары шығаратын және олардың иелері сатып алу мен төлем құралдары ретінде пайдаланатын борышқорлық міндеттемелер.*

**БОНА**[2] зат. әск. *Су үсті қайықтардан, сүңгуір қайықтардан, жүзбелі миналардан, флоттық тұрақ орнын қорғауға арналған қамал бөгеттер.*

**БОНАЛАР** [голл. boom] зат. әск. *Флоттың тұрақты орнын су үсті қайықтар мен сүңгуір қайықтардан, жүзбелі миналардан қорғауға арналған қалқымалы бөгеттер (қалтқы бөрене, аулар).*

**БОНГА** зат. зоол. *Майшабақ тұқымдасына жататын балық.*

**БОНД** [ағыл. bond] зат. экон. *Тауарлардың кеден бажы әлі төленбеген кездегі жай-күйі.*

**БОНДАР** зат. *Облигациялар, белгілі бір ақша сомасын алдағы жылдың нақтылы мерзімінде немесе қарыз мерзімі ішінде пайыз сомасы белгіленген мөлшер бойынша графикке сәйкес төлеу туралы жазбаша уәде.*

**БОНЗА** зат. дін. *Жапониядағы будда ғибадатханасындағы басты монахтың атауы.*

**БОНИТЕТ** [лат. bonitas] зат. **1.** экол. *Табиғи қорларды бағалауға, сондай-ақ жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін, жерді, топырақты, орманды тиімді пайдаланудың салыстырмалы сипаттамасын бағалауға қолданылатын шартты көрсеткіш.* **2.** экон. *Қарызгердің несиені өтеу мүмкіндіктерін бағалау.*

**БОНИФИКАЦИЯ** [франц. bonification, лат. bonus – жақсы, қайырымды] зат. экон. **1.** *Жоғары сапалы тауардың шартта белгіленген бағасына қосылатын үстеме.* **2.** *Шетке шығарылатын тауар салығын алып тастау.* **3.** *Мемлекеттің банктен несие алушылардың белгілі бір тобына жеңілдік жасау мақсатына несиені субсидиялауы, яғни несиені төмен пайызбен беру.* **4.** *Мемлекеттік займ облигацияларын ұстаушылардан займды конверсиялау.*

**БОНСАЙ** зат. **1.** *Кішкентай ағаштарды сәндік мақсатта өсіретін жапониялық өнердің бір түрі.* **2.** бот. *Сәндік бөлме (әдетте бақша) өсімдігі ретінде ерекше әдіспен өсірілетін кішкентай бойлы ағаштар.*

**БОНИСТИКА** [франц. bonistique] зат. экон. *Қағаз ақша белгілері мен боналарды тарихи құжаттар ретінде зерделейтін пән.*

**БОНУС** [лат. bonus] зат. экон. **1.** *Сатушы мәміле немесе жеке келісім талаптарына сәйкес сатып алушыға беретін қосымша сыйақы.* **2.** *Жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері.* **3.** *Жасалған келісімшартқа сәйкес сатушының өзінің тұрақты сатып алушысы келісілген тауар мөлшерін уақытында түгел алған жағдайда оған ұсынатын баға жеңілдігі.*

**БОП=** ет. сөйл. *Болып етістігінің ықшамдалған түрі.*

**БОПА** зат. жерг. ***Бөпе.***

**БОПАЙ** зат. *Жылқының тезегі.*

**БОПАЙ** сын. жерг. *Бос, болбыр.*

**БОПАЛАҚ** сын. сөйл. *Бір нәрсеге икемі жоқ, оралымсыз, икемсіз, орашолақ.*

**БОПАЛАМДАН=** ет. *Араласып кету, қосылып кету.*

**БОПАЛАМДАНУ** сөйл. *Бопаламдану етістігінің қимыл атауы.*

**БОПАУ** сын. *Болбыр, бос, бләжыраған.*

**БОП-БОЗ** сын. *Өңі қашқан, құп-қу.*

**БОП-БОС** сын. **1.** *Бостау, босырақ, босаңдау; жұп-жұмсақ.* **2.** *Ішінде ештеме жоқ, бос.*

**БОПИКЕ** зат. жерг. *Көйлекке тағатын шыны көз, танакөз (түйме).*

**БОПСА**[1] зат. **1.** *Сес, қоқан-лоқы.* **2.** жағымды. *Өзінің артықшылықтарын қарсыласы алдында паш ету арқылы көрінетін психологиялық дайындық.* **3.** қоғ.-саяси. <франц. chantage> *Зорлық жасау мақсатында абыройын төгетін мәліметтер әшкереленіп, жария етіледі деу арқылы қандай да бір әрекетке мәжбүрлеу.*

**БОПСА**[2] зат. көнерген. *Әскерді аттанысқа шақыратын керней.*

**БОПСА**[3]: **бопсасы бос**. *Көңілшек, тез көнгіш, жігерсіз.*

**БОПСАЛА=** ет. *Қоқан-лоқылап, сес көрсету.*

**БОПСАЛАН=** ет. *Қоқан-лоқы көрсету.*

**БОПСАЛАНУ** *Бопсалан етістігінің қимыл атауы.*

**БОПСАЛАУ** *Бопсала етістігінің қимыл атауы.*

**БОПСАЛАУШЫ** зат. заң. *Қоқан-лоқы, сес көрсетуші; зорлық көрсете отырып, бөгде біреудің мүлкін иеленуші.*

**БОПСАЛАУШЫЛЫҚ** зат. заң. *Зорлық көрсету, мүлікті жойып жіберу не бүлдіріп тастау, сондай-ақ жәбірленуші, оның туыстарын масқаралайтын, олардың мүдделеріне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату, жариялау қаупін төндіре отырып, бөгде біреудің мүлкін немесе мүлікті иелену құқын беруін мүліктік сипаттағы басқалай іс-әрекеттер жасауын талап ету.*

**БОПСАЛЫҚ** зат. *Күш көрсетушілік, қоқанлоқылық.*

**БОПСАСЫЗ** сын. *Жігерсіз, көңілшек.*

**БОПСАШЫЛ** сын. *Қоқан-лоқышыл, сес көрсеткіш.*

**БОПТЫ** мод. сөйл. *Жарайды, мақұл, келістік.*

**БОПЫЛЫҚ** зат. көне. *Жарлық.*

**Бопылық болды.** *Мәлім болды, жарияланды.*

**БОПЫМ** од. саят. *Құсбегінің қыран құсты шақырғанда қолданатын сөзі.*

**БОПЫР** зат. *Шашылып жатқан малдың көң-қоқыры, қоқыр-соқыр.*

**Бопыр қора**. жерг. *Отын қоятын немесе қыста малды күншуаққа қоятын төбесі ашық қора.*

**БОПЫРА=** ет. жерг. ***Қобырау*** *(бейберекет жайылу; шашылу).*

**БОПЫРАУ** *Бопыра етістігінің қимыл атауы.*

**БОР**[1] [лат. borax] зат. **1.** хим. *Табиғатта қосылыстар құрамында ғана кездесетін химиялық элемент, жұмсақ ақтопырақ.* **2.** сөйл. *Үйді ақтау үшін қолданылатын әктас.* **3.** *Мектеп, білім беретін орындарда тақтаға жазу үшін қолданылатын жұққыш тас.*

**Бор болды.** *Көңілі босады, егілді, жасыды.* **Бор жүйесі.** геол. *Мезозой қабатының ақ жоғары*

*жүйесі.* **Бор кезеңі.** геол. *Мезозой дәуірінің жалпы ұзақтылығы шамамен 79 миллион жылмен өлшенетін ең соңғы (үшінші) кезеңі.* **Бор қышқылы.** *Суық суда жөнді ерімейтін кристалды ақ ұнтақ.* **Бор сылдыршөбі.** өс. <лат. silene cretacea> *Қалампыр тұқымдас, сылдыршөп туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

**БОРА**[1] [итал. bora, грек. boreas] зат. *Жер бауырлай соғатын күшті жел.*

**БОРА**[2] зат. жерг. *Астық сақтайтын жер, қамба.*

**БОРА**[1]**=** ет. **1.** *Күшті желдің қарды, құмды, топырақты көтеріп, ұйтықыта соғуы.* **2.** ауыс. *Оқ, бомба, снаряд тағы басқалардың жаңбырдай төгілуі, құйылуы.* **3.** ауыс. *Шашылып жату.*

**БОРА**[2]**=** ет. *Бөренелерді ұстастыру арқылы үй тұрғызу.*

**БОРА-БОРА**: **бора-бора болды.** сөйл. ***Пора-пора болды.***

**БОРАҒЫТ=** ет. *Үсті-үстіне борау, бұрқыра.*

**БОРАҒЫТУ** *Борағыт етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАЗДА** [ор. борозда] зат. **1.** *Айдалған жердегі соқаның қопарып кеткен терең ізі.* **2.** ауыс. *Алғашқы бастама, соны жол.*

**БОРАЗДАДАЙ** сын. *Боразда сияқты, боразда тәрізді.*

**БОРАЗДАЛА=** ет. *Боразда салу, соқалау.*

**БОРАЗДАЛАН=** ет. *Боразда салыну, соқалану.*

**БОРАЗДАЛАНУ** *Бораздалан етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАЗДАЛАУ** *Бораздала етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАЗОН** зат. политех. *Қаттылығы табиғи алмастан кем түспейтін, ыстыққа төзімділігі анағұрлым жоғары, синтезделген жасанды алмас.*

**БОРАҚ** зат. **1.** *Борсықтың аталығы.* **2.** *Борсықтың аталығы терісінен жасалған берік тон.*

**БОРАҚТАЙ** сын. *Борақ секілді.*

**БОРАЛА=** ет. сөйл. ***Жұлмалау.***

**БОРАЛАУ** *Борала етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАЛДАЙ** зат. өс. *Жабайы жүзіммен будандастырудан алынған жүзім сорты.*

**БОРАН** зат. *Қарды боратып, ұйытқып соғатын күшті жел.*

**Боран ашылды**. *Боран тоқтады, тыйылды, басылды.* **Боран соқты**. *Қар аралас күшті жел тұрды.*

**БОРАНАЛА=** ет. сөйл. *Тырмалау, тырма жүргізу.*

**БОРАНАЛАУ** *Боранала етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАНДА=** ет. **1.** *Желдің қарды көтеріп, ұйытқи соғуы.* **2.** ауыс. *Алай-түлей болу, буырқану.*

**БОРАНДАЙ** сын. *Боран тәрізді, боран сияқты.*

**БОРАНДАТ=** ет. *Ұйытқыта соғу.*

**БОРАНДАТУ** *Борандат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАНДАУ** *Боранда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАНДЫ** сын. *Бораны үдей соққан, бораны қатты.*

**БОРАНДЫҚ**: **бір борандық**. *Бір бораннан қалмайтын.*

**БОРАНДЫ-ШАШЫНДЫ** сын. *Желі, жауын-шашыны көп.*

**БОРАН-МОРАН** зат. сөйл. *Боран, жел, т.б.*

**БОРАНСЫЗ** сын. *Бораны жоқ, боран болмайтын.*

**БОРАНСЫМАҚ** сын. *Нағыз боран емес, борасындау.*

**БОРАНСЫМАҚТАУ** сын. *Аздап борасындау.*

**БОРАНША** үст. *Боранға ұқсап, боран сияқты.*

**БОРАН-ШАШЫН** зат. сөйл. *Бораны, қары аралас жауын-шашын.*

**БОРАН-ШАШЫНСЫЗ** сын. *Боран-шашыны жоқ.*

**БОРАСЫН** зат. *Желдің әсерінен қардың жер бетімен ұшуы, қиыршықтап борайтын сырғыма боран.*

**БОРАСЫНДА=** ет. *Желдің қарды сырғыта соғып борауы.*

**БОРАСЫНДАЙ** сын. *Борасын сияқты.*

**БОРАСЫНДАТ=** ет. *Желдің қарды баяу, сырғыта соғу.*

**БОРАСЫНДАТУ** *Борасындат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАСЫНДАУ** сын. *Аздап борасыны бар.*

**БОРАСЫНДЫ** сын. *Борасыны бар, борасын желі болатын.*

**БОРАСЫНДЫ-БҰРҚАСЫНДЫ** сын. *Сырғыма, ұйытқыма бораны жиі, қатты.*

**БОРАСЫНСЫЗ** сын. *Борасыны жоқ, желсіз, тымық.*

**БОРАТ** зат. геол. *Бор қышқылдары тұздарынан тұратын минералдар тобы.*

**БОРАТ=** ет. *Ұйытқыту, борасындату.*

**БОРАТУ** *Борат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАУ** *Бора етістігінің қимыл атауы.*

**БОРАЦИТ** зат. хим. *Бораттар тобына жататын минерал.*

**БОРБАЙ** зат. *Аяқтың тізеден жоғарғы бөлігі. // Жас, жасөспірім.* **Борбайы ашылды**. сөйл. *Мүшкіл халі көрінді, қиналды.*

**БОРБАЙЛА=** ет. **1.** *Аттың үстінде отырып екі аяғымен бауырынан үсті-үстіне сабалау.* **2.** *Тыным таппай, жамбасын ырғылап жүгіру.* **3.** *Аяқты әрең көтеру, малтығу.*

**БОРБАЙЛАС=** ет. *Аттың үстінде отырып, үсті-үстіне аяқпен сабаласу.*

**БОРБАЙЛАСУ** *Борбайлас етістігінің қимыл атауы.*

**БОРБАЙЛАТ=** ет. *Үсті-үстіне қамшылату, қамшы салдыру.*

**БОРБАЙЛАТУ** *Борбайлат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРБАЙЛАУ** *Борбайла етістігінің қимыл атауы.*

**БОРБАЙЛАУ**: **ши борбайлау**. *Сидиғандау, арықтау.*

**БОРБАҚ**: **борбақ бет**. сөйл. *Беті быттиған, жалпақ.*

**БОРБАҢ** сын. *Икемсіз, ебедейсіз, қорбаң.*

**БОРБАҢДА=** ет. сөйл. ***Қорбаңда.***

**БОРБАҢДАУ** *Борбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРБАС** сын. **1.** *Борпылдақ, бос, жұмсақ.* **2.** ауыс. *Жігерсіз, жасық, болбыр.*

**БОРБАСТАҚ** сын. сөйл. ***Борбас.***

**БОРБАСТАН=** ет. *Босау, жұмсау, үгілу.*

**БОРБАСТАНУ** *Борбастан етістігінің қимыл атауы; босау, жұмсау.*

**БОРБИ=** ет. *Қорбиып, ебедейсіз көріну.*

**БОРБИЮ** *Борби етістігінің қимыл атауы.*

**БОР-БОР** елік. *Борылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БОРГЕС** [итал. borghese] зат. полигр. *Негізінен газет басып шығаруда қолданылатын типогрфиялық қаріп.*

**БОРГӨС** зат. өс. *Бөрікөз.*

**БОРҒҮЙ** зат. муз. *Түркі халықтарының үрлемелі көне музыка аспабы.*

**БОРҒЫЛ** сын. *Бозғылт құс.*

**БОРДАЙ** сын. *Бор тәрізді, бор сияқты.*

**Бордай тозды.** *Быт-шыт болды, түтетүтесі шығып қажыды, әлсіреді.* **Бордай тоздырды.** *Быт-шыт қылды, құртып жіберді.* **Бордай үгілді [езілді, егілді].** *Көңілі босады, қабырғасы сөгілді, жасыды.* **Бордай үгілтті.** *Күйретті, жасытты.*

**БОРДАҚ**: **бордаққа байлады**. *Жемге байлады, семіртті.*

**БОРДАҚ** сын. жерг. *Панасыз, жетім.*

**БОРДАҚАЙ** зат. жағымсыз. *Дәулетіне мастанып, әбден семірген, азған адам мағынасында.*

**БОРДАҚШАЙ** зат. жерг. *Талқан салып, қоюлатылған шай.*

**БОРДАҚЫ** зат. *Жемге байлап семіртілген (мал).*

**БОРДАҚЫДАЙ** сын. *Бордақылаған малдай, семіз.*

**БОРДАҚЫЛА=** ет. малшар. *Малды жемге байлап семірту.*

**БОРДАҚЫЛАН=** ет. малшар. *Жемге байлану, семіртілу.*

**БОРДАҚЫЛАНУ** *Бордақылан етістігінің қимыл атауы.*

**БОРДАҚЫЛАУ** малшар. *Бордақыла етістігінің қимыл атауы..*

**БОРДАҚЫЛАУШЫ** зат. малшар. *Мал бордақылайтын адам.*

**БОРДАҚЫЛЫҚ** сын. *Бордақыланатын; семіртілетін.*

**БОРДАҚЫША** үст. *Бордақыға ұқсап; семіртуге қойылған мал сияқты.*

**БОРДАНА** зат. жерг. ***Толқын.***

**БОРДЕРО** [франц. bordereau] зат. экон. **1.** *Бухгалтерлік құжаттардың көшірмесі.* **2.** *Жіберілетін құжаттардың, сатылған құнды қағаздардың тізімі.*

**БОРДО** [франц. bordeaux] зат. тамақ. *Қызыл шарап сұрпы.*

**БОРДОС**: **бордос сұйығы.** хим. *Өсімдік ауруына қарсы қолданылатын тотияйын мен сөндірілген әк ерітіндісі.*

**БОРДЮР** [франц. botdure < bord – шеті] зат. көлік. *Жолдың, көшенің екі жақ жиегіне жасалған тас ернеу.*

**БОРЖИ=** ет. сөйл. *Борбию, быттию.*

**БОРЖИЮ** *Боржи етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЖОМ** [груз.] зат. *Шипалық қасиеті бар минералды су.*

**БОРЖЫ=** ет. қарап. *Ыстықтан қаталап, қызара бөртіп тершу.*

**БОРЖЫҚ** сын. *Боржиып семірген, быттиған.*

**БОРЖЫҚ** зат. өс. *Қызылтамыр.*

**БОРЖЫҚТАУ** сын. сөйл. *Быттиғандау.*

**БОРИДТЕР** зат. геол. *Бордың металдармен қосылыстарының жалпы атауы.*

**БОРКЕМІК**[1] сын. **1.** *Бос, борпылдақ.* **2.** ауыс. *Осал, жасық, ез, бос.*

**БОРКЕМІК**[2] зат. **1**. геол. *Тасқудың ішін шегендейтін, әйкел, ақыр жасайтын бор аралас қиыршық тас.* **2.** *Мал сүйегінің табиғи қаттылығының жұмсара бастауы.*

**БОРКЕМІКТЕН=** ет. **1.** *Босаңсу, болбырау.* **2.** ауыс. *Жасу, езілу.*

**БОРКЕМІКТЕНУ** *Боркемiктен етістігінің қимыл атауы.*

**БОРКЕМІКТЕУ** сын. *Босаңдау, болбырлау.*

**БОРКЕМІКТІК** зат. *Боркемік болушылық, осалдық, ездік.*

**БОРКӨЗ** зат. өс. <лат. cenolophium koch> *Ценолопиум туысына жататын бұтасын өсімдік.*

**БОРҚА** [парсы] зат. көне. *Шымылдық, төсек.*

**БОРҚЫЛДА=** ет. *Борқ-борқ ету, борпылдау.*

**БОРҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Іркілдек, семіз, денелі бос.* **2.** *Орпылдақ, борбас, жұмсақ.*

**БОРҚЫЛДАҚТАУ** сын. *Босаңдау, болпылдақтау, болпаштау.*

**БОРҚЫЛДАУ** *Борқылда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЛА=** ет. *Киізге (киіз үйдің жамылғысына) бор жағу, бор жұқтыру.*

**БОРЛАНҒАН: борланған су.** геол. *Белгілі мөлшерде құрамында бор болатын шипалық табиғи су.*

**БОРЛАТ** зат. *Қызыл түсті жұқа мата.*

**БОРЛАТ[1]=** ет. *Бор жаққызу, ақтату.*

**БОРЛАТ[2]=** ет. сөйл. *Бордақылау.*

**БОРЛАТТАЙ** сын. *Борлат тәрізді, борлат сияқты.*

**БОРЛАТУ** *Борлат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЛАУ** *Борла етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Киізге (киіз үй жамылғысына) бор жағу.* **2.** кен. *Металл негізді қорытпалардан жасалған бұйымдардың беріктігін сақтап арттыру үшін беттерін бормен қанықтыру.*

**БОРЛЫ** сын. *Бор қосылған, бор араласқан.*

**Борлы су.** геол. *Құрамындағы бордың мөлшері 300-500 г/дм3-ден астам болатын табиғи су.*

**БОРМАН** зат. жерг. **1.** *Әртүрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік.* **2.** жерг. *Қамба, қойма.*

**БОРМӘШИНЕ** [нем. Bohrmaschine] зат. мед. *Адамның тісін емдегенде пайдаланатын бұрғылы мәшине.*

**БОРМИ** зат. өс. жерг. *Жүгері.*

**БОРНИТ** [ағыл. bornite] зат. хим. *Мыстың шұбар рудасы – сульфидтер класының минералы.*

**БОРП** елік. *Заттың жерге қатты түспей жұмсақтау түсуі кезіндегі дыбысты білдіретін сөз.*

**БОРПАҚ** сын. *Борпылдақ, қопсыған күйде, жұмсақ.*

**БОРПАЛАҢДА=** ет. сөйл. *Борпаң-борпаң ету.*

**БОРПАЛАҢДАУ** *Борпалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРПАС** сын. сөйл. ***Борбас.***

**БОРПАСТАУ** сын. сөйл. ***Борбастау.***

**БОРПАСТЫҚ** зат. сөйл. *Борпылдақтық, жұмсақтық.*

**БОРП-БОРП** елік. *Сұйық затты борпылдатып, ішке қарай сора тартып ішу кезінде шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

**БОРПИ=** ет. сөйл. *Борбию, томпаю.*

**БОРПИЮ** *Борпи етістігінің қимыл атауы.*

**БОРПЫ**: **борпы аяқ**. сөйл. *Борбиған, жуан аяқ.*

**БОРПЫЛДА=** ет. *Борп-борп ету, босау, жұп-жұмсақ болу.*

**БОРПЫЛДАҚ[1]** зат. тамақ. *Үгітілген дән ұнынан жасалған тағам.*

**БОРПЫЛДАҚ[2]** сын. *Борпылдаған, жұмсақ.*

**Борпылдақ ұлпа.** а) зоол. <лат. textus laxus, textus – ұлпа, laxus – борпылдақ> *Жасушалардан және жасушааралық заттан тұратын адам мен жануарлар ағзасы мүшелерінің құрамында кездесетін, ең көп тараған дәнекер ұлпа.* ә) бот. *Өсімдік мүшелерін құрайтын алты ұлпаның құрамындағы негізгісі.*

**БОРПЫЛДАҚТАУ** сын. *Бостау, жұмсақтау.*

**БОРПЫЛДАТ=** ет. *Борп-борп еткізу.*

**БОРПЫЛДАТУ** *Борпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРПЫЛДАУ** *Борпылда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРС** елік. *Оттың су төгілгенде бірден сөнуі кезінде немесе ауаға толы жұқа заттың жарылғанында шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Борс етті**. *Су не басқа бір сұйық зат төгілгенде от сөніп, қысқа дыбыс шықты.*

**БОРСАҚ** зат. өс. <лат. dendrostellera> *Тимелеялар тұқымдасына, дендростеллера туысына жататын өсімдік түрі.*

**БОРСАЛАҢДА=** ет. *Борсаң-борсаң етіп жүгіру, борсаңдау.*

**БОРСАЛАҢДАУ** *Борсалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСАҢ-БОРСАҢ** елік. *Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қайталанба қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Борсаң-борсаң етті.** *Ебедейсіз, ырғала, ауыр қозғалды, ырсылдады.*

**БОРСАҢДА=** ет. *Борсаң-борсаң ету, ырсылдап жүгіру.*

**БОРСАҢДАТ=** ет. *Борсаң-борсаң еткізу.*

**БОРСАҢДАТУ** *Борсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСАҢДАУ** *Борсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРС-БОРС** елік. *Жұмсақ нәрсе жарылғанда, құлағанда, соқтыққанда қайталанып шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**Борс-борс етті.** а) *Бірінің артынан бірі соқтығысып, жарылды.* ә) *Ырсылдады, ентігіп, борсаңдады.*

**БОРСИ=** ет. *Быртию, қампию.*

**БОРСИЮ** *Борси етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСУ** *Борсы етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСЫ=** ет. **1.** *Көп тұрып қалған азықтүлік т.б. исі шығуы, бұзылуы.* **2.** *Судан, ылғал заттан желденбей жағымсыз иіс шығуы, сасуы.*

**Борсыма бұлау.** көне. *Қапталғы.*

**БОРСЫЗ** сын. *Борды пайдаланбай.*

**БОРСЫҚ** зат. **1.** *Жұмыр денелі, терісі бағалы, майы шипалы жыртқыш аң.* **2.** зоол. <лат. meles meles> *Сүтқоректілер тобы сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Ел үстінен күн көретін арамтамақ деген мағынасында.*

**БОРСЫҚЖҮН** зат. өс. <лат. microgynoecium> *Микрогинециум туысына жататын шөптесін өсімдік.*

**БОРСЫҚТАЙ** сын. **1.** *Борсық тәрізді, борсық сияқты.* **2.** ауыс. *Біреудің еңбегін қанап семірген, арамтамақ кісідей.*

**Борсықтай сорды.** *Еңбегін жеді, ел үстінен күн көрді, байыды.*

**БОРСЫҚША** үст. *Борсыққа ұқсап, борсық тәрізденіп.*

**Борсықша сорды.** *Қанады, еңбегін жеді, ел үстінен күн көрді, байыды.*

**БОРСЫЛДА=** ет. сөйл. *Борсаңдау, ырсылдау, борс-борс ету.*

**БОРСЫЛДАҚ** сын. сөйл. ***Борпылдақ.***

**БОРСЫЛДАТ=** ет. сөйл. *Ырсылдату, ентіктіру.*

**БОРСЫЛДАҚ** зат. өс. *Торсылдақ (тау етектерінде өсетін, жемісінің іші қуыс шөп).*

**БОРСЫЛДАТУ** сөйл. *Борсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСЫЛДАУ** *Борсылда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРСЫҢҚЫ** сын. *Борсыған, сасықтау, жағымсыз иісті.*

**БОРСЫТ=** ет. *Сасытып исін шығару, сасыту.*

**БОРСЫТУ** *Борсыт етістігінің қимыл атауы.*

**БОРТ[1]** [нем. Bord] зат. *Кеме, қайық, автомашина, ұшақ, тағы басқалардың бүйірі; шанақ қабырғасы, ернеуі.*

**БОРТ[2]** [голл. boort] зат. геол. *Алмастың сапасы төмен, қырлауға жарамайтын кристалдары мен агрегаттары.*

**БОРТ** елік. *Қатты заттың сынғандағы бырт, күрт еткен дыбысын бейнелейтін сөз.*

**БОРТАҢ-БОРТАҢ** сөйл. *Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**БОРТАҢДА=** ет. *Бортаң-бортаң ету, борсаңдау.*

**БОРТАҢДАУ** *Бортаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРТ-БОРТ** елік. *Іші қуыс қатты зат сынғанда бырт-бырт, сырт-сырт етіп шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**БОРТИ=** ет. *Быртию, ісіну.*

**БОРТИЮ** *Борти етістігінің қимыл атауы.*

**БОРТМЕХАНИК** [нем. Bord, грек. mechanike – құрал, мәшине] зат. **1.** авиац. *Ұшақтың, тік ұшақтың қозғалтқышын, жабдықтарының, құралдарының жұмысына жауапты ұшу экипажының мүшесі.* **2.** *Кемедегі механизмдерді бақылаушы маман.*

**БОРТСЕРІК** зат. авиац. *Ұшақ ішіндегі тәртіпті бақылайтын, ондағы жолаушыларға қызмет көрсететін азаматтық әуе флоты қызметкері.*

**БОРТ-ТЕХНИК** зат. *Ұшу кезіндегі ұшақ техникасының мінсіз жұмыс істеп тұруына және ұшар алдындағы дайындыққа жауап беретін ұшақ экипажының мүшесі.*

**БОРТТЫҚ** сын. *Бортқа тән.*

**БОРТЫҚ** сын. сөйл. *Бортиған, семіз.*

**БОРТЫЛ** зат. *Бір нәрсе шорт сынғанда, үзілгенде естілетін дыбыс, сыртыл.*

**БОРТЫЛДА=** ет. сөйл. *Борт-борт сыну, бытырлау.*

**БОРТЫЛДАҚ** сын. сөйл. *Шорт сынғыш, үзілгіш.*

**БОРТЫЛДАҚ** зат. өс. жерг. *Торсылдақ.*

**БОРТЫЛДАТ=** ет. *Борт-борт сындырту.*

**БОРТЫЛДАТУ** *Бортылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРТЫЛДАУ** *Бортылда етістігінің қимыл атауы.*

**БОРША[1]** зат. этн. тамақ. **1.** *Тауықүйрек, қозы-лақ еттеріне күріш, пияз, бұрыш, шикі жұмыртқа, сарымай қосып, бүйенге салып, суға қайнатып пісірген тағам.* **2.** *Ыстықта бұзылып кетпеу үшін сүйектен сылып алып, тұздап кептірген ірі қараның еті.*

**Борша болды [боршасы шықты].** *Арса-арса болды, пәре-пәресі шықты.* **Борша болсын.** қарғ. *Қатты кейігенде, пышаққа ілінсін, сойысын деген мағынада айтылатын сөз.*

**БОРША[2]** зат. өс. *Біраталық сораңша.*

**БОРША[3]** зат. жерг. ***Бүрге.***

**БОРША[4]** сын. *Бор сияқты, борға ұқсап.*

**БОРША-БОРША** сын. **1.** *Дал-дал, пәрепәре, быт-шыт.* **2.** *Ағыл-тегіл, моншақ-моншақ (тер).*

**Борша-боршасы шықты.** *Қара терге түсті.*

**БОРШАДАЙ** сын. *Борша (кепкен ет) тәрізді, борша сияқты.*

**БОРШАЛА=** ет. **1.** *Тұтас малдың, аңның етін мүшелеп бұзу, жаймалау.* **2.** *Быт-шыт қылу, мыж-мыжын шығару, кескілеу.* **3.** ауыс. *Бір істің мән-жайын түгел тәптіштеп талдау.*

**БОРШАЛАН=** ет. *Быт-шыты шығу, мыжмыж болу.*

**БОРШАЛАНУ** *Боршалан етістігінің қимыл атауы.*

**БОРШАЛАП-БОРШАЛАП** үст. *Тілгілеп-тілгілеп, борша-борша етіп.*

**БОРШАЛАУ** *Боршала етістігінің қимыл атауы; малдың, аңның етін мүшелеп бұзу.*

**БОРШАЛАУШЫ** зат. *Ет шабушы, бөлшектеуші.*

**БОРШЫ=** ет. сөйл. *Борсы сасу.*

**БОРШЫН** зат. *Қоғадан тоқылған шәркей.*

**БОРЩ** ор. зат. тамақ. *Дәмдік-татымдықтар мен көкөністер қосылған қызылша мен қырыққабат сорпасы.*

**БОРЫҚ**[1] зат. өс. **1.** сөйл. ***Борыққамыс.*** **2.** бот. *Суда өсетін қамыс тәрізді өсімдіктің тамыры мен сабағының арасындағы, шырынды әрі тәтті болып келетін сабағының түп жақ бөлігі.*

**БОРЫҚ**[2] зат. кәс. *Ау тартатын үршық ағаш.*

**БОРЫҚ**[3] зат. жерг. *Борсыған шалшық су.*

**БОРЫҚ** [4]зат. миф. *Батыс түркілер сеніміндегі жаңбырдың иесі делінетін образ.*

**БОРЫҚҚАМЫС** зат. өс. <лат. saccharum> *Сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, астық тұқымдасына жататын көпжылдық қамыс тәрізді өсімдік.*

**БОРЫҚТАЙ** сын. *Аппақ, семіз.*

**Борықтай домаланған.** *Томпиған, шығыңқы, дөңгеленген.* **Борықтай жұмсақ.** *Өте жұмсақ.*

**БОРЫҚТЫ** сын. *Борыққамысы қаулай өскен, борығы бар.*

**БОРЫЛДА=** ет. *Су төгілгенде шоқтың борбор етіп сөнуі.*

**БОРЫЛДАТ=** ет. *Бор-бор еткізу.*

**БОРЫЛДАТУ** *Борылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЫШ** зат. **1.** *Әдетте ақшалай түрде алынатын қарыз.* **2.** *Beресі, мойнына артылған берешегі.* **3.** қаржы. *Заң жүзінде негізделген белгілі бір мерзімге және белгілі бір шартпен қарызға алынған ақшалай сома.* **4.** ауыс. *Рухани міндет, парыз.* **5.** ауыс. экспр. жағымсыз. *Әбден үйреніп алған жағымсыз қылықты орындауға деген ынта, қадет мағынасында.* **6.** ауыс. экспр. жағымсыз. *Сатулы деген мағынада.*

**Борыш жамау.** *Басына бейнет тілеп алу, бір қарызының үстіне екіншісін сатып алу.* **Борыш көрді.** *Міндет деп санады.* **Борышқа батты [борышы басынан асты].** *Қарыздың астында қалды.* **Борышқа берген жоқ.** *Қарызының өтеуіне берген жоқ, сондықтан ешкімге тәуелді емес, жауапты емес деген мағынада.* **Борышқа ұрындырды.** *Қарызға кіргізді.* **Борыш мониторингі.** экон. *Борыштың құралуы, өзгеруі, оның өтелуін қадағалау, талдау, бақылауға бағытталған қызмет.* **Борыштан [қарыздан] құтылды.** *Берешегін қайтарды, қарызын төледі.* **Борышты аудару.** экон. *Борышқордың өз борышын шарт бойынша басқа адамға аударуы арқылы міндеттемедегі адамдардың ауыстырылу процесі.* **Борышты өтеу.** экон. *Қарызгердің алынған қарыз сомасын несиегерлермен жасалынған шарттарда көрсетілген тәртіппен қайтаруы.* **Борышын [қарызын, міндетін] ақтады.** *Адамның, істің, қоғамның және т.б. алдындағы өз бетінше мойнына алған немесе қоғамдық қатынаста меншіктелген талаптарды орындады, өтеді.* **Борышын атқарды.** *Міндетін өтеді.* **Борышын өтеді.** а) *Қандай да бір қоғамдық істің алдындағы, өтеуге міндетті бекітілген парызын атқарды.* ә) *Біреудің алдындағы рухани парызын атқарды.*

**БОРЫШКЕР** сын. **1.** *Біреудің немесе бір нәрсенің алдында қарыздар, қарызы бар адам.* **2.** қаржы. *Банктен несие алған тұлға.*

**БОРЫШКЕРЛІК** зат. *Өзінің парызын, міндеттерін сезінушілік.*

**БОРЫШҚАР** сын. сөйл. ***Борышқор.***

**БОРЫШ-ҚАРЫЗ** зат. *Қарыз, берeсі.*

**БОРЫШ-ҚАРЫШ** зат. сөйл. **1.** *Берешек, қарыз, берeсінің жинақтық атауы.* **2.** *Биік міндеттер мен рухани парыздар.*

**БОРЫШҚОР** сын. **1.** *Біреуге қарыздар, берешек.* // *Біреуге қарыз, берешек адам.* **2.** экон. *Белгілі бір бекітілген заңдар негізінде қимылдарды жасауды немесе одан бас тартуды талап етуші несиегердің алдында міндеттеме алған тарап.*

**Борышқор мүлкін сырттай басқару.** экон. *Дәрменсіздігі сот шешімімен қуатталған, борышқор кәсіпорынға қолданылатын қайта құру рәсімі.*

**БОРЫШҚОРЛЫҚ** зат. *Берeсі болушылық, қарыздарлық.*

**БОРЫШСЫЗ** сын. *Қарызсыз, ақысыз-пұлсыз.*

**БОРЫШТАЙ** сын. *Борыш сияқты, борыш тәрізді.*

**БОРЫШТАН=** ет. *Берeсілі болу, қарыздану.*

**БОРЫШТАНДЫР=** ет. *Қарыздандыру, қарызға батыру.*

**БОРЫШТАНДЫРУ** *Борыштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЫШТАНУ** *Борыштан етістігінің қимыл атауы.*

**БОРЫШТАР** сын. *Қарыздар, борышты, берешек.*

**БОРЫШТАРЛЫҚ** зат. *Борыштар болушылық.*

**БОРЫШТЫ** сын. **1.** *Ақшалай немесе заттай қарыздар, берешек.* **2.** *Біреудің алдында рухани қарыздар, өзі міндеттеп алған парызы бар.*

**БОРЫШТЫДАЙ** сын. *Борышты сияқты, борышты тәрізді.*

**БОРЫШТЫҚ** сын. *Борышты болушылық, міндеттілік.*

**Борыштық сезім.** псих. *Жеке тұлғаның қоғам алдындағы немесе басқа қоғам мүшелері алдындағы міндетін түсіну күйі немесе әлеуметтік рөлімен жүктелген парызын мойындау жағдайы.*

**БОС**[1] зат. жерг. *Жаңбыр суы.*

**БОС**[2] сын. **1.** *Еш нәрсемен толтырылмаған, ештеңе артылмаған; үстінде, ішінде ештеме жоқ.* **2.** *Қаңыраған, адамдары жоқ.* **3.** *Құралақан, құрқол, ештемесіз.* **4.** *Бекітілмеген, ашық, байлаусыз.* **5.** *Игерілмеген, пайдаға аспаған.* **6.** *Жұмсақ, борпылдақ.* **7.** *Мықты емес, осал.* **8.** ауыс. *Керексіз, мәнсіз, мағынасыз, құр бекер, жай.* **9.** ауыс. *Ынжық, болбыр, жасық, нашар.* **10.** ауыс. *Алдамшы, жалған.*

**Бос ат.** *Тың ат.* **Бос белбеу.** *Қатып піспеген, ештеңеге ебі жоқ, болбыра.* **Бос далбаса.** *Жай әншейін сөз, негізсіз іс.* **Бос даурығу.** *Мәнсіз даңғаза, айқай-шу, бос дүрлігу.* **Бос даурық.** *Мәнсіз айғай-шу.* **Бос жад.** инф. <ағыл. free space> *Компьютерлік жүйенің осы сәтте бағдарламаға бөліне алатын жады.* **Бос жүрді.** жағымсыз. *Қамсыз, қаракетсіз болды, ертеңін ойламады.* **Бос жіберілді.** малшар. *Байланбай, еркіне қоя берілді.* **Бос кеуде.** *Қолынан ештеңе келмейтін, құр көкірек.* **Бос қалды.** а) *Елсізденді, иесізденді.* ә) *Жүдегендіктен киімнің немесе жүзік-сақинаның қолқылдап қалуы.* б) *Бір нәрсеге қолы жетпеді, құр қалды.* в) *Пайдалы іс үйренбей, артта қалды.* г) *Құр бекер болды, іске аспады.* **Бос қиял.** *Өнімсіз ой, алдамшы үміт.* **Бос қойды.** *Қараусыз, басқарусыз қалдырды.* **Бос модем кабелі.** инф. <ағыл. null modem cable> *Модемді қолданбастан тізбектік порттар арқылы екі компьютерді жалғастыруға мүмкіндік беретін кабель.* **Бос сөз.** *Мәнсіз, орынсыз, пайдасыз әңгіме.* **Бос уақыт.** *Негізгі жұмыстан тыс мезгіл, қолы бос кез.*

**БОС**[3] сын. *Ақысыз, пұлсыз, тегін.*

**БОС**[4] үст. сөйл. ***Босқа.***

**БОСА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ішінде ештеңе қалмау, қотарылу, бос қалу.* **2.** *Бір нәрсенің босап кетуі, қолпылдау, сылқылдау, кеңею.* **3.** *Жұмсару, борпылдау, болбырау.* **4.** *Қаңырап бос тұру, иесіз құр қалу.* **5.** *Жұмыстан немесе бір істен құтылып, қолы тию.* **6.** ауыс. *Еркіндік алу, азат болу.* **7.** ауыс. *Бір нәрсенің құрсауынан, қамауынан сытылып шығу.* **8.** ауыс. *Көңілі бұзылып елжіреу, егілу.*

**БОСАҒА**[1] зат. **1.** *Есіктің екі жақтауы.* **2.** *Табалдырық, есіктің төменгі жағы.* **3.** этн. *Киіз үйдің қасиетті саналатын, төрге қарама-қарсы, есікке жақын жері.* **4.** ауыс. *Үй, отбасы, үйелмен.* **5.** ауыс. *Тірек, орталық.*

**Босаға аттады.** этн. а) *Ең алғаш келін болып түсті, келін болып үйге кірді.* ә) *Біреудің үйіне кірді, үйіне келді, алғаш үйін көрді.* **Босағада жүрді.** *Кісі үйіне жалданды, малай болды.* **Босағаң берік болсын.** этн. тілек. *Үйленгендерге, некелі болғандарға арата айтылатын, жаңа отбасыларының берік болуын білдіретін тілек.* **Босаға сығалады.** а) *Есіктен басын ғана шығарып ішке көз тастады, есікті қалқалап қарады.* ә) *Әркімнің табалдырығында жүру.* **Босағасын [ошақты] күзетті.** а) *Түтінін түтетті, үйге ие болды.* ә) *Біреуге кіріптар болды, қолына қарады.* **Босағасы үңірейді.** *Орны ойсырайып қалды, жоқ екені білініп тұрды.*

**БОСАҒА**[2] зат. астр. *Төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыз.*

**БОСАҒАДАЙ** сын. *Босаға тәрізді; жеке отаудай; ірі орталықтай.*

**БОСАҒАЛАН=** ет. *Есіктің екі жақтауына ұқсау, босаға тәрізді.*

**БОСАҒАЛАС** сын. *Аралас-құралас, көршілес, іргелес.*

**БОСАҒАТТАР** зат. этн. кәде. *Қалыңдығын алуға келген күйеуге жүктелетін кәденің бір түрі.*

**БОСАЛАҢ** сын. сөйл. *Ширақ емес, бостау.*

**БОСАЛАҢДАУ** сын. *Бәсеңдеу, жұмсақтау.*

**БОСАЛДАҢДАУ** сын. сөйл. ***Босалаңдау.***

**БОСАЛҚЫ: босалқы бөлшек.** сөйл. ***Қосалқы бөлшек.***

**Босалқыға жіберу.** саяси. *Қызметтен босату, тарату*

**БОСАЛҚЫЛАР** зат. экон. *Қалыпты қызмет барысында сатуға арналған; осындай сату үшін өндіріс үрдісіндегі; немесе өндіріс үрдісінде немесе қызмет көрсетулері кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтер.*

**БОСАН**[1]**=** ет. **1.** *Бауы, жібі шешіліп, байлаудан шығып кету (мал туралы).* **2.** ауыс. *Еркіндікке шығарылу.* **3.** ауыс. *Арылу, құтылу, көзі ашылу.*

**БОСАН**[2]**=** ет. *Әйелдің бала тууы.*

**БОСАНДЫР=** ет. *Әйелдің бала тууын жеңілдету, босанған әйелдің басы-қасында болу.*

**БОСАНДЫРУ** *Босандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОСАНУ**[1] *Босан етістігінің қимыл атауы; еркіндікке шығу.*

**БОСАНУ**[2] *Босан етістігінің қимыл атауы; бала табу.*

**БОСАҢ** сын. **1.** *Осалдау, бостау.* **2.** ауыс. *Борпылдақ, жұмсақ.* **3.** *Ширақ емес, болбырлау.*

4. ауыс. *Бәсең, нашар, қатал емес.* **Босаң [босалаң] бие**. *Тұқымы жаман, мініс бермейтін, өте тез арықтайтын бие.*

**БОСАҢДА=** ет. *Босаңдық жасау, осалдық істеу, жұмсару.*

**БОСАҢДАУ** сын. **1.** *Осалдау, бостау.* **2.** *Бәсеңдеу, әлсіз, солғын.*

**БОСАҢДЫҚ** зат. *Бостық, әлсіздік.* **Босаңдық жасады.** *Осалдық істеді, елжіреді.*

**БОСАҢСУ** *Босаңсы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарқынын азайту, жайлану, жұмсару.* **2.** ауыс. *Еркінсу, өзін еркіне жіберу.* **3.** ауыс. *Азаю, кему, әлсіреу.*

**Босаңсу коэффициенті.** кен. *Ұзақ уақыт жүктелісте болған таужыныстың беріктігі және таужыныстың ұзақтық беріктігі оның қысқа уақыт жүктелісте болу беріктігінен төмен болатын шама.*

**БОСАҢСЫ=** ет. **1.** *Болбырау, босаң тарту, жұмсару.* **2.** ауыс. *Қатуланбай икемге көну, көңілі жібу.* **3.** ауыс. *Бәсеңсу, нашарлау, жібі босау, бос белбеулену.* **4.** *Әлсіреу, қажу.* **5.** *Көңілі босау.*

**Көңілі босаңсыды.** *Көңілі босады, елжіреді.*

**БОСАҢСЫТ=** ет. **1.** *Қобырату, қосыту.* **2.** ауыс. *Бақылап-қадағалаудан шығарып алу, еркіне жіберіп алу.*

**БОСАҢСЫТУ** *Босаңсыт етістігінің қимыл атауы; болбыр қылу, боп-бос қылу.*

**БОСАҢШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бостық, жұмсақтық.* **2.** ауыс. *Кеңшілік, тыныштық, мамыражай күй.*

**БОСАҢЫРАҚ** сын. **1.** *Жұмсағырақ, бостау, солғындау.* **2.** *Борылдақтау, жұмсақтау.*

**БОСАРАЛЫҚ** зат. **1.** инф. <ағыл. space> *Баспаға немесе компьютердің экранына шығарғанда тұрған орнында кескін шықпайтын, бос орын қалатын таңба.* **2.** полигр. *Мәтіндегі әріп, сөз, жолдар арасындағы бос орын.* **3.** лингв. *Сөздердің бөлек жазылуын көрсететін графикалық таңба.* **4.** пед. *Мұғалімнің (оқытушының) не сыныптың (топтың) сабақ аралығындағы сабақ кестесі бойынша бос қалдырылған уақыты.*

**Босаралық пернесі.** инф. <ағыл. spacebar> *Компьютер пернетақтасындағы сөздер мен сөз тіркестерінің және мәтіндегі тағы да басқа таңбалардың арасын бөлетін ұзынша келген түймешесі.*

**БОСАРАЛЫҚСЫЗ** сын. лингв. *Бірге, бір сөз түрінде, араларынан орын қалдырмай (сөздердің жазудағы тұлғалануы туралы).*

**БОСАС=** ет. **1.** *Бір-бірінен босап, айырылысып кетісу.* **2.** *Босаңсу, бос нәрсеге бой алдыру.*

**БОСАТ=** ет. **1.** *Орын беру, бос қалдыру (кеңістік туралы).* **2.** *Қотару, ішіндегісін түгел тауысу, сарқу.* **3.** *Ажырату, бөліп алу, аршу.* **4.** *Байлаудан шығару, бау-жібін шешу; еркіне қоя беру.* **5.** ауыс. *Еркіндікке шығару, еркіне жіберу.*

**БОСАТҚЫЗ=** ет. *Еркіндікке жіберту.*

**БОСАТҚЫЗУ** *Босатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БОСАТҚЫШ: босатқыш түймешік.** тех. *Фотоаппараттың деталі.*

**БОСАТТЫР=** ет. *Еркіндікке жіберту, шығарту.*

**БОСАТТЫРУ** *Босаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОСАТУ** *Босат етістігінің қимыл атауы.* **1.** инф. <ағыл. reset> *Қайсыбір жүйені немесе ішкі жүйені қандай да бір алғашқы қалып-күйге келтіру; жұмыс кезінде кездейсоқ жағдай пайда болған кезде орындалатын компьютердің қалыпты бағдарламалық ортасын қайта жүктеп іске қосу.* **2.** ауыс. *Еркіндікке шығару, азат ету.*

**БОСАТУШЫ** зат. *Құтқарушы, азат етуші.*

**БОСАТЫЛ=** ет. **1.** *Орынның, жердің бос берілуі.* **2.** *Еркіне жіберілу, азат етілу.*

**Босатылған сулар.** геол. *Литосферадағы таужыныстардың жеке минералдардың құрамында алғашында химиялық және физикалық байланысқан түрде болып, соңынан түрлі термодинамикалық процестердің әсерімен бөлініп шығатын сулар.*

**БОСАТЫЛУ** *Босатыл етістігінің қимыл атауы; азат етілу.*

**БОСАТЫС=** ет. **1.** *Орын берісу.* **2.** *Бір қалыптан, нәрседен шығарып алысу.*

**БОСАТЫСУ** *Босатыс етістігінің қимыл атауы; азат етісу.*

**БОСАУ** *Боса етістігінің қимыл атауы; азат болу, байлаулы болмау.*

**БОСБЕЛБЕУ** сын. *Ширақ, пысық емес, ештеңеге ебі жоқ, болбыр.*

**БОСБЕЛБЕУЛЕН=** ет. *Босау, болбыр болу.*

**БОСБЕЛБЕУЛЕНУ** *Босбелбеулен етістігінің қимыл атауы.*

**БОСБЕЛБЕУЛІК** зат. *Бостық, болбырлық.*

**БОСКЕТ** [франц. bosquet] зат. *Сәндік үшін қиылған, тұтас не топ болып өсірілетін ағаш-бұталар.*

**БОСҚА** үст. *Бекерге, текке, құр бекер.*

**Босқа жүрді.** *Жұмыс істемей сенделді;ерікті.*

**БОСҚЫН** зат. **1.** *Қуғын-сүргіннен, аштықтан үркіп көшкен ел, босыған халық.* **2.** қоғ.-саяси. *Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, басқа елден пана тауып, арнайы мәртебе берілетін адам, халық.*

**БОСҚЫНДА=** ет. *Қуғын-сүргіннен, қысымнан, аштықтан үркіп көшу, босу.*

**БОСҚЫНДАУ** *Босқында етістігінің қимыл атауы.*

**БОСҚЫНШЫ** зат. *Босқынға ұшыраушы, қуғын-сүргіннен қашушы. // Босқындап келген.*

**БОСҚЫНШЫЛЫҚ** зат. **1.** қоғ.-әлеум. *Қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың ата қоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері.* **2.** *Дағдарыс, күйзеліс.* **3.** *Шашыраңқылық, бытыраңқылық.*

**БОСМОЙЫН** зат. көне. *Ағаш сапқа қайыспен байлаған тас шоқпар.*

**Босмойын шоқпар.** этн. ***Босмойын.***

**БОСПА¹** зат. жерг. *Инемен тіккен кесте, әшекей, өрнек.*

**БОСПА²** зат. жерг. *Жұмсап істететін жұмыс.*

**БОСПАЛА=** ет. жерг. ***Кестелеу.***

**БОСПАЛАП** үст. сөйл. ***Бопсала.***

**БОСС** [ағыл. boss] зат. **1.** *Кейбір ағылшынтілді елдердегі өнеркәсіп, мекеме қожайыны, кәсіп иесі.* **2.** *АҚШ-та Республикалық және Демократиялық партиялардың штаттардағы, қалалардағы аппараттың басқаратын адамның лауазымы.* **3.** сөйл. *Бастық, дөкей.*

**БОССА-НОВА** зат. муз. 1. *Орындалуы эмоционалдық ұстамдылығымен ерекшеленетін, бразилиялық самба ырғақтарын қолданатын заманауи джаздың бір бағыты.* **2.** *Осындай стильдегі музыка.*

**БОССӨЗДІЛІК** зат. *Басы артық, керек емес сөз сөйлеушілік, айтушылық.*

**БОСТАҒАЙ** сын. *Ерсілі-қарсылы бос жүрген.*

**БОСТАН¹** зат. *Бұтақ, берек, ұрім.*

**БОСТАН²** зат. *Гүл-жазира, бау-бақшалы өлке.*

**БОСТАН³** сын. *Өз билігі өзінде, ерікті, еркін.*

**Бостан болды.** а) *Құтылды, босады.* ә) *Бостандық алды, босады.* **Бостан етілді.** *Басына еркіндік алды, еркіндікке жетті, азат болды.* **Бостан күн.** *Еркіндік, теңдік.* **Бостан қылды.** *Құтқарды, азат етті.*

**БОСТАН⁴** сын. *Кең, бос.*

**БОСТАНА** [парсы] үст. көне. *Көңілі хош.*

**БОСТАН-БЕКЕР** үст. *Бостан-босқа, жайдан-жай.*

**БОСТАН-БОС** үст. *Жайдан-жай, қарап-тан-қарап, тектен-тек.*

**БОСТАН-БОСҚА** үст. **1.** *Себепсіз, жөнжосықсыз.* **2.** *Бекерден-бекер.* **3.** *Жайдан-жай, өз-өзінен.*

**БОСТАНДЫҚ** зат. **1.** *Еркіндік, өз билігі өзінде болушылық, еріктілік.* **2.** қоғ.-әлеум. *Елдің ішкі және сыртқы саясаты саласында әлеуметтік субъектілердің (жеке адамдардың т.б.) өз мақсаты мен халықтың, елдің өз мүдделеріне орай әрекет жасау еркіндігі; құқықтық мүмкіндіктер аясы, тәуелсіздік.*

**Бостандық алды.** а) *Еркіндікке ие болды.* ә) *Бой жазды, емін-еркін жүрді.* б) *Рұқсат алды.* **Бостандық әперді.** *Теңдік әперді.* **Бостандық берді.** а) *Теңдік, еркіндік әперді.* ә) *Кеңшілік жасады, еркіндік жасады.* **Бостандық кілтін ашты.** *Еркіндікке, теңдікке жеткізді.* **Бостандыққа шықты.** а) *Емін-еркін бос жүрді.* ә) *Түрмеден шықты, басына азаттық алды.* **Бостандық орнады.** *Азаттық алды, бостандыққа жетті, бейбіт өмір келді.*

**БОСТАНДЫҚШЫЛ** сын. *Бостандық сүйгіш, еркіндікке құмар. // Еркіндік, бостандық, азаттық үшін күрескен адамдар.*

**БОСТАНШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Бостандық, еркіндік.*

**БОСТАУ** сын. **1.** *Адамы аз, тығыз емес.* **2.** *Босырақ, қатты тартпай.* **3.** ауыс. *Қарулы емес, былбыр.*

**БОСТЕКЕЙ** сын. сөйл. ***Бостекі.***

**БОСТЕКІ** ор.сын. сөйл. *Мәнсіз, мағынасыз.*

**БОСТОН¹** зат. *Жүннен тоқылған қымбат мата.*

**БОСТОН²** [ағыл. boston] зат. муз. *Жай екпінде биленетін би, американдықтардың би музыкасы.*

**БОСТҮП** зат. өс. *Малға жұғымды, жайылымдық шөптердің бір түрі.*

**БОСТЫҚ** зат. **1.** *Бос жер.* **2.** *Бос болушылық, ештеме жоқтық.* **3.** ауыс. *Босаңдық, осалдық, болбырлық, қайратсыздық.* **4.** ауыс. *Жұмысы жоқтық.*

**БОСТЫР=** ет. **1.** *Тыныштық бермеу, түрткілеу.* **2.** *Босатып жіберу, қуалау, ұшырту.*

**БОСТЫРУ** *Бостыр етістігінің қимыл атауы.*

**БОСУ** *Босы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерiксіз ауа көшу.* **2.** *Бос жүру.*

**БОССУ** зат. *Жауыннан тақырға, қоңырдаңға түскен су.*

**БОСЫ=** ет. *Бір жерден екінші жаққа еріксіз ауа көшу, ұшыру.*

**БОСЫН** зат. *Отырған жерінен еріксіз ауа көшушілер.*

**БОСЫП-ҚАШ=** ет. *Аш-жалаңаш, жаяу-жалпы ұшыру, қашып-пысу, босу.*

**БОСЫТ=** ет. *Босқызу, ұшырту, тентірету.*

**БОСЫТУ** *Босыт етістігінің қимыл атауы.*

**БОТ** [голл. boot] зат. **1.** *Жүк тасуға, балық не аң аулауға арналған моторлы, желкенді не ескекті кеменің жалпы аты.* **2.** *Су қайық.*

**БОТА** зат. **1.** *Түйенің бір жасқа толмаған төлі.* **2.** ауыс. *Бала.*

**Бота белбеу.** *Белбеудің асыл таспен өрнектелген ең сапалы түрі; кемел белбеу, асыл белбеу.* **Бота көз.** а) *Шарасы кең, мөлдіреген үлкен әдемі көз.* ә) *Сұлу, ару, сымбатты қыз.* **Бота қалжың.**

*Өзімсінген, жеңіл ойын, қалжың.* **Бота қылды.** *Жуасытып, өз иелігінде жұмсап алды.* **Ботаның көзіндей.** *Мөп-мөлдір, таза, мөлт-мөлт еткен.* **Ботасын бауырына алған інгендей.** *Жақсы көргеннен бойы еріп, барлық жан-дүниесі балқып еміренген.* **Ботасынан айырылған аруанадай.** *Баласынан айырылып, зарлап қалған анадай.* **Ботасы өлген іңгендей [түйедей].** *Әбден зарланып, қатты қайғыланып. Ботасы өлген түйедей [бозінгендей] зарлады. Қайғыға батты, жоқтап зар еңіреді.* **Бота тапырақ.** *Тарбаңдаған, тайраң-тайраң жүріс.* **Бота тастады.** *Іш түсірді, іш тастады, уақытына жетпей бота өлі туды.* **Бота тірсек.** *а) Тірсегі иіліп келген, әдемі, сымбатты (жүйрік ат). ә) Әлжуаз, қайратсыз, аяғын имитіп басатын (адам).* **Бота тірсек бозбала.** *Жас, әлжуаз.* **Бота ішік.** *Жүнін ішіне қаратып бота терісінен тіккен ішік.*

**БОТАБҮРГЕН** зат. бот. *Бүрген тектес өсімдіктің бір түрі.*

**БОТАДАЙ** сын. **1.** *Бота тәрізді, бота сияқты.* **2.** ауыс. *Кішкентай ғана.*

**Ботадай боздады.** *Егіліп жылады, аңырады.* **Ботадай нәзік.** *Сүйкімді, өте нәзік.* **Ботадай тату.** *Өте тату.*

**БОТАЖАН** зат. экспр. *Еркелету, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш.*

**БОТАЖУСАН** зат. бот. *Майда, үлпілдек, жұмсақ жусан сияқты өсімдіктің бір түрі.*

**БОТАКӨЗ**[1] зат. бот. <лат. myosotis> *Айлауық тұқымдасына жататын бір, екі және көп жылдық шөптесін өсімдіктер; құралай.*

**БОТАКӨЗ**[2] зат. өс. *Раушан гүлінің бір сорты.*

**БОТАКӨЗ**[3] зат. өс. *Гүлкекіре (таудың тасты беткейлерінде, бұта арасында өсетін, биіктігі 80-100 см-дей, көпжылдық өсімдік).*

**БОТАҚАН** зат. экспр. **1.** *Ботаны жақсы көру, кішірейту, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.* **2.** *Кішкентай баланы еркелету, қылықтарын сүйкімді көру нышанымен айтылатын атауыш.*

**БОТАҚАНДАЙ** сын. *Ботақан тәрізді, ботақан сияқты.*

**БОТАҚҰЛАҚ** зат. бот. *Жапырағы ботаның құлағына ұқсайтын өсімдік түрі.*

**БОТАЛ** зат. *Жазу үшін қашалған ойықтарға жазылатын үнтақ (бояу).*

**БОТАЛА=** ет. *Інгеннің бота тууы.*

**Боталаған нардай.** *Еміренү, мейірімі түсіп егілу.*

**БОТАЛАН=** ет. *Боталы болу.*

**БОТАЛАС=** ет. жерг. *Бірігу, ұйымдасу.*

**БОТАЛАТ=** ет. *Бота туғызу.*

**БОТАЛАТУ** *Боталат етістігінің қимыл атауы.*

**БОТАЛАУ** *Ботала етістігінің қимыл атауы.*

**БОТАЛЫ** сын. *Ботасы бар.*

**БОТАМ** зат. экспр. *Баланы жақсы көру, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.*

**БОТАМОЙЫН** зат. қолөнер. *Қазақ, қырғыз, қарақалпақ қолөнерінде кездесетін ирек сияқты, латынның S әрпі тәрізді ою.*

**БОТАН** зат. өс. *Алхорының бір сорты.*

**БОТАНА** сын. *Тұнық емес, лай.*

**БОТАНИК** зат. *Ботаника ғылымының маманы.*

**БОТАНИКА** [грек. botanike] зат. *Өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым, саласы.*

**БОТАНИКАЛЫҚ** сын. *Ботаникаға тән, ботаникаға қатысты.*

**Ботаникалық бақ.** *Ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, іс-тәжірбиелік, оқыту мақсаттарымен өсімдік өсіріп, оны зерттейтін ботаникалық білімді насихаттайтын мекеме.* **Ботаникалық қорық.** *Қазақстанда өсетін өсімдіктердің сирек кездесетін және бағалы түрлерін қорғау, байырғы қорын қалпына келтіру және экологиялық деңгейін сақтау үшін ұйымдастырылған шағын аумақ.*

**БОТАСЫЗ** сын. *Ботасы жоқ.*

**БОТАТАБАН** зат. бот. *Жапырақ көлемі бота табанына ұқсаған, тым аласа, саздақ, тақырлау, бозаң жерде өсетін түйе табан сияқты өсімдіктің бір түрі.*

**БОТА-ТАЙЛАҚ** зат. *Түйенің жас төлдері.*

**БОТАФИЛ** зат. зоол. *Кәсіптік маңызы шамалы, меланостомия тұқымдасына жататын балықтардың бір туысы.*

**БОТАША** үст. *Ботаға ұқсап.*

**БОТАШЫМ** зат. экспр. *Баланы жақсы көру еркелету нышанымен айтылатын атауыш.*

**БОТА-ІҢГЕН** зат. *Бота мен іңген.*

**БОТДЕК** [ағыл. boat-oleck] зат. балықшар. *Теңіз кемелерінің үстінде тиеулі жүретін жеңіл қайық.*

**БОТИЛЬОН** зат. *Әйелдер етігінің сыдырмасы бар, қысқа түрі.*

**БОТҚА** зат. **1.** *Әртүрлі жармадан бөктіріп жасалатын қою тағам.* **2.** ауыс. *Миы шығып жатқан балшық жер.*

**Ботқа бет.** *Жалпақ, быттиған, толық бет.* **Ботқасы шықты.** *Быт-шыты шықты, әбден былықты.*

**БОТҚАДАЙ** сын. **1.** *Ботқа сияқты, ботқа тәрізді.* **2.** ауыс. *Быттиған, семіз.*

**БОТҚАЛАН=** ет. сөйл. *Аралас-құралас болу.*

**БОТПАНШЫҚ** зат. өс. сөйл. *Ботташық (құрай тектес сүйекті өсімдік).*

**БОТПАШ** зат. *Таудың мұз етектерінде өсетін өсімдік.*

**БОТРИОМИКОЗ** [грек. botrys – бір шоқ, mykes – саңырауқұлақ] зат. вет. *Қоздырғышы ботриомицет болып табылатын жануарлардағы созылмалы жұқпалы аурудың бір түрі.*

**БОТРИЦЕФАЛЕЗ** зат. вет. *Тұщы су балықтарының қауіпті ауруы.*

**БОТРИЯ** зат. *Кейбір таспа құрттардың басқы бөлігінде болатын сорғыш саңылау.*

**БОТТАШЫҚ** зат. **1.** бот. <лат. pastinaca sativa> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын, тамыры сәбізге ұқсас, көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** жерг. *Картоп.*

**БОТУЛИЗМ** [лат. botulus] зат. мед. *Бұзылған тағамды ішкеннен адамның улануы, ботулин уынан пайда болатын ауыр дерт.*

**БОТЫ** зат. *Ұзын қонышты галош.*

**БОУЛИНГ** [ағыл. bowling] зат. *Ауыр шарларды екпінмен домалатып, белгілі қашықтықта тізіліп орналасқан он шақты кегліді құлатып, ойыншылар бір-бірімен ұпай санына жарысып ойнайтын ойын.*

**БОУЛИНГ-КЛУБ** [ағыл. bowling club] зат. *Боулинг ойынына арналған клуб.*

**БОЦМАН** [голл. bootsman] зат. әск. *Кеменің кіші команда құрамындағы шаруашылық жағын басқаратын адам.*

**БОФОРТ: бофорт шкаласы.** физ. *Желдің күшін (жылдамдығын) көзбен анықтауға арналған шартты шкала.*

**БОШАҚ** зат. жерг. *Қарбыздың дәні.*

**Бошағын шығарды.** *Бошақ-бошақ ету, бытшытын шығару, бөлу, талқандау.*

**БОШАҚАЙ** зат. бот. жерг. *Ұзындығы бір жарым, екі метрдей ой жерге өсетін өсімдік.*

**БОШАЛА=** ет. **1.** *Ұрғашы малдың (түйе, сиыр, бие) төлдер алдында шыдамсызданып оңаша жерге, аулаққа ұзап кетуі.* **2.** ауыс. *Шашырау, ыдырау, бытырап біріккеу.*

**БОШАЛАҒЫШ** сын. ***Бошалауық.***

**БОШАЛАҚ** сын. жерг. *Нашар, бос, болбыр (адам).*

**БОШАЛАҢ** сын. **1.** *Әлсіз, күш-қуаты аз.* **2.** *Бос, болбыр, сылбыр (адам).*

**БОШАЛАҢДАУ** сын. *Шираң емес, босаңдау, болбырлау.*

**БОШАЛАУ** *Бошала етістігінің қимыл атауы; аулақ кету, ұзау.*

**БОШАЛАУЫҚ** сын. *Ботасын табарда аулаққа қашқыш (түйе).*

**Бошалауық [жершіл] бие.** *Қысқы мекенінен жайлауына барып құлындайтын немесе туыпөскен жеріне кетіп құлындайтын бие.*

**БОШЫРАТ=** ет. *Бытырату, быж-тыжын шығару.*

**БОЯ=** ет. **1.** *Бояу арқылы бір заттың түсін екінші түрге келтіру, бояу жағу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені бүркемелеу, көмескілеу, көлегейлеу.* **3.** ауыс. *Гүлдендіру, жандандыру, жарқырату.*

**БОЯҒЫШ** зат. **1.** хим. *Тоқыма материалдарды, теріні, елтіріні, қағазды, пластмассаны бояйтын органикалық қосылыстар. // Бояйтын, бояуға арналған.* **2.** *Көп бояйтын, бояуға әуес адам.*

**Бояғыш заттар.** *Түрлі материалдарға бекініп, оларды белгілі түспен бояйтын бояғыш қасиеті бар органикалық қосылыстар.* **Бояғыш өсімдіктер.** өс. *Әртүрлі мүшелерінің клетка құрамында түрлі-түсті бояғыш заттары бар өсімдіктер.* **Бояғыш таспа.** *Соқпалы принтерлер үшін қолданылатын таспа.*

**БОЯҚ**[1] зат. сөйл. ***Бояу.***

**БОЯҚ**[2] зат. *Түрлі түсті қалың кездеме.*

**БОЯҚТАЙ** сын. *Бояқ тәрізді, бояқ сияқты.*

**БОЯЛ=** ет. *Бояу жағылу, түсін өзгерту, белгілі бір түске ену.*

**БОЯЛТ=** ет. *Бояу жаққызу, бояту.*

**БОЯЛТУ** *Боялт етістігінің қимыл атауы.*

**БОЯЛУ** *Боял етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бояу жағылу.* **2.** ауыс. *Өмірдегі көріністерді сөзбен дәл бояғандай салып суреттеп беру.*

**БОЯМА** сын. **1.** *Боялған, боялы.* **2.** ауыс. *Көз алдағыш, жасанды, жалған.*

**Бояма мінез.** *Көз алдағыш, жалған, жасанды мінез, қылық.*

**БОЯМАҚ** зат. жаңа. *Кескіні салынған суретті бояуға арналған балалар кітапшасы.*

**БОЯМАЛА=** ет. *Өңін өзгерту, жасыру, жұқалап көрсету, шындықты айтпау, көз бояу.*

**БОЯМАЛАУ** *Боямала етістігінің қимыл атауы; шындықты жасыру, жұқалап көрсету.*

**БОЯМАЛЫҚ** зат. *Жасандылық, жалғандық.*

**БОЯМАСЫЗ** сын. **1.** *Бояу жағылмаған.* **2.** ауыс. *Таза, адал, шынайы.*

**БОЯМАШЫ** зат. *Шындықты бүркемелеуші, бояп көрсетуші.*

**БОЯМАШЫЛЫҚ** зат. *Жасандылық, боямалық.*

**БОЯН**[1] зат. бот. *Арық жағалауына шығатын, ұзындығы 80–100 см, мал жеуге жарайтын жапырақты өсімдік.*

**БОЯН**[2] **[Boian]: боян мәдениеті.** тар. *Б.з.б. 4-мыңжылдықта қазіргі Румыния, Болгария жерінде таралған неолит мәдениеті.*

**БОЯН=** ет. **1.** *Бетке косметикалық бояу жағып, әдемілену.* **2.** ауыс. *Түрлі түске ену.* **3.** *Малыну, терлеу.* **4.** *Шому, бату.*

**БОЯНЫШ** зат. бот. *Көп жылдық шөптесін өсімдік.*

**БОЯНУ** *Боян етістігінің қимыл атауы.*

**БОЯНЫП-ТАРАН=** ет. *Бет-аузына бояу жағып, әдемілену, тарану, сылану.*

**БОЯҢ** зат. *Боялған бөздің бір түрі.*

**БОЯРЛАР** ор. зат. тар. **1.** *Феодал-помещиктер.* **2.** *Феодалдар.* **3.** *XV ғ.-дан бастап*

*Орыс мемлекетіндегі «отанға қызмет ететін адамдардың» арасындағы шен.* **4.** *X-XVII ғасырдағы Орыс мемлекетіндегі феодалдық қоғамның жоғары тобы.*

**Боярлар думасы.** тар. *Орыс мемлекетіндегі князь жанында (1547 жылдан патша жанында) болған жоғары совет (X г.-XVIII г-дың басы).*

**БОЯТ=** ет. **1.** *Бояу жаққызу.* **2.** *Қызыл ала қан қылу.*

**БОЯТУ** *Боят етістігінің қимыл атауы.*

**БОЯУ** зат. **1.** *Затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын химиялық сыр, бояқ.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық, жалғандық.* **3.** ауыс. *Өзіндік ерекшелік, мәнер.*

**Бояу қарындаш.** *Сурет салуға арналған түрлі-түсті қалам.* **Бояуы кеппеген.** *Жаңа шыққан, басылған.*

**БОЯУ** *Боя етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бояу жағу.* **2.** *Косметикалық заттармен бет-аузын әдемілеу.* **3.** *Тоқыма және синтетикалық материалдарға, тері, былғары, қағаз т.б. материалдарға түрлі түспен өң беретін технологиялық процесс.* **4.** инф. <ағыл. fill> *Компьютерлік графикада – графикалық экранның кейбір аймағында орналасқан пиксельдер түсін өзгерту.*

**Бояу жұмыстары.** құр. *Үйлер мен конструкцияларға жаңа әр беру жұмыстарының жиынтығы.*

**БОЯУДАЙ** сын. *Бояу тәрізді, бояу сияқты.*

**Бояудай бұзылды.** *Мінезі аяқ астынан өзгерді.*

**БОЯУЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Бояушөп[1].*

**БОЯУЛА=** ет. **1.** *Әрлеу, бояу, жағу.* **2.** *Қосып айтып өзгешелеп жеткізу, көркемдеу.*

**БОЯУЛАНУ=** ет. физ. *Анизотропты денелердің, мыс., кристалдардың ақ жарықта әр бағыттан қарағанда әртүрлі түсте көрінуі.*

**БОЯУЛЫ** сын. **1.** *Бояуы бар, боялған.* **2.** ауыс. *Шынайы емес, жасанды.*

**Бояулы гамма.** өнер. *Белгілі бір көркем шығарманы салу кезінде бірнеше бояудың қатар келуін білдіретін бейнелеу және сән өнеріндегі атау.* **Бояулы ойран [ойраншөп].** өс. <лат. rubia tinctorum> *Ойран шөп тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Бояулы өсімдіктер.** бот. *Тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі, тұқымы мен ұлпаларында бояуыш заттар түзілетін өсімдіктер.*

**БОЯУЛЫҚ** сын. *Бояу боларлық, боялғыштық.*

**БОЯУСЫЗ** сын. **1.** *Бояу жағылмаған, бояуы жоқ.* **2.** ауыс. *Боямасыз, шынайы, таза.*

**БОЯУТОЗАҢДАТҚЫШ** зат. *Бояу жұмыстарында сыр, бояу сияқты сұйық ертінділерді тозаңдатқыш аппарат.*

**БОЯУХАНА** зат. *Зат бояйтын үй.*

**БОЯУҮККІШ** зат. *Боялғыш заттар, паста, бітеме (шпаклевка) т.б. материалдарды үгетін мәшине.*

**БОЯУША** үст. *Бояу секілді.*

**БОЯУШӨП[1]** зат. бот. <лат. asperula> *Қызыл түсті бояу алынатын, ойраншөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БОЯУШӨП[2]** зат. өс. *Тау етектерінде, өзен-көл жағасында өсетін, ұзындығы 30-70 см көпжылдық шөп.*

**БОЯУШЫ** зат. *Затты түрлі түске бояйтын маман.*

**БОЯУШЫЛЫҚ** зат. *Бояушы болушылық, бояу жұмысымен кәсіптенушілік.*

**БОЯУШЫТЫРШЫҚ** зат. өс. <лат. isatis tinctoria> *Биіктігі 70 – 80 см екі жылдық өсімдік.*

**БӨБЕЖАПЫРАҚ** зат. бот. *Өсімдіктің түбінен өсіп шығатын қосалқы жапырағы.*

**БӨБЕЖІК** зат. сөйл. ***Бөбешік[1].***

**БӨБЕК[1]** зат. **1.** *Баланың бір жасқа дейінгі кезеңі, емшектегі бала, жас нәресте.* **2.** ауыс. *Табиғат туындылары, төл.* **3.** ауыс. *Жаңадан пайда болған құрылым, зат.*

**Бөбек күн.** *Балалық шақ, сәбилік кезең.* **Бөбектер үйі.** *Үш жасқа дейінгі жетім балаларды тәрбиелейтін мекеме.*

**БӨБЕКЖАЙ** зат. *Екі айдан үш жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетін мектепке дейінгі мекеме.*

**БӨБЕКСІЗ** сын. *Нәрестесіз, сәбисіз.*

**БӨБЕКТАЙ** зат. экспр. *Бөбекке, сәбиге кішірейту, еркелету мағынасында айтылатын атауыш.*

**БӨБЕКТЕ=** ет. *Баланы әлпештеу, ұлпілдету, өбектету.*

**БӨБЕКТЕЙ** сын. **1.** *Бөбек сияқты, бөбек тәрізді.* **2.** ауыс. *Кішкентай жас, балғын.*

**БӨБЕКТЕУ** *Бөбекте етістігінің қимыл атауы.*

**БӨБЕКТОЙ** зат. сөйл. ***Шілдехана.***

**БӨБЕКХАНА** зат. **1.** *Перзентхана, әйелдер босанатын үй.* **2.** *Ата-аналары жоқ немесе тастанды бөбектер тәрбиеленетін үй.*

**БӨБЕКШЕ** үст. *Бөбек сияқты, бөбекке ұқсап.*

**БӨБЕКШІЛДЕ** зат. этн. *Сәбиге арналған той, шілдехана.*

**БӨБЕШІК[1]** зат. анат. *Адамның жұмсақ таңдайының артқы тұсындағы кішкене тіл.*

**БӨБЕШІК[2]** зат. анат. *Құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек.*

**БӨБЕШІК[3]** зат. бот. *Жапырақ тақтасының түбінен шығатын жарғақ, қабыршақ, қылтанақ, тікенек немесе майда жапырақ тәрізді жұп өсінді.*

**БӨБЕШІК[4]** зат. .жерг. *Ошақтың аяқтарындағы қазан ұстап тұру үшін иіліп жасалған темірлер.*

**БӨГДЕ** сын. **1.** *Жат, бөтен, бейтаныс.* **2.** *Негізгі нәрсеге қатысы жоқ, қосалқы, көлденең.*

**Бөгде сөздер.** лингв. а) окказ. *Сөйлегенде не жазғанда баяндап отырған мәселеге байланысты келтірілген басқа біреудің сөзі, пікірі.* б) *Ұлттық әдеби тілдің дыбыстық сипатына сәйкес келмейтін басқа тілден өзгеріссіз алып қолданылатын сөз.*

**БӨГДЕҒАЛАМШАРЛЫҚТАР** зат. жаңа. *Басқа ғаламшар тұрғындары.*

**БӨГДЕЛМЕ** зат. мед. *Уқалаудың бір түрі.*

**БӨГДЕЛЕН=** ет. *Бөлектену, бөтендену оғаштану, өгейлену.*

**БӨГДЕЛЕНУ** *Бөгделен етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГДЕЛІК** зат. *Бөтендік, жаттық, өгейлік.*

**БӨГЕ=** ет. **1.** *Біреуді жолынан қалдыру, тосқауылдап аялдату, кідірту.* **2.** *Қарсыласқан күштің бетін қайтару, ілгері аттатпау, тежеу.* **3.** *Ағын суды белгілі бір жерге тоқтату, тосқауылдау.* **4.** ауыс. *Жолын кесу, аяқтан шалу.*

**Бөгей ату.** әск. а) *Бір немесе бірнеше шепте бір уақытта жасалған шабуылдаушы танк пен жаяу әскер, торпедалық қайықтар немесе қарсылас теңіз десантының қозғалыс жолындағы тұтастай от аумағы; артиллериялық атыс түрі.* ә) *Қарсыластың әуе жолындағы жылжымайтын от бөгесіні; зениттік артиллерия атысының түрі.* **Бөгей ату шебі.** әск. *Ұңғылы артиллерия мен минаатарлардың бөгей атуы даярланатын және жүргізілетін жергілікті жердегі шартты желі.*

**БӨГЕЖЕК** зат. ***Жауырынтақ*** *(қой мен ешкінің төрт аяғынан бірдей алып, ауыртып жүргізбейтін аурудың түрі).*

**БӨГЕЖЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Бүгежекте.***

**БӨГЕЛ=** ет. **1.** *Кідіру, тоқтау.* **2.** *Не айтарын білмей мүдіру, кұмілжу, іркілу.*

**БӨГЕЛЕК** зат. зоол. <лат. oestrus> *Жәндіктер класының, қосқанаттылар отрядының бөгелек туысы.*

**Бөгелек қамаған жылқыдай.** *Тыныш отыра алмау, мазасыздану.*

**БӨГЕЛЕКТЕ=** ет. *Бөгелектен қашу.*

**БӨГЕЛЕКТЕЙ** сын. *Бөгелек сияқты, бөгелек тәрізді.*

**БӨГЕЛЕКТЕУ** *Бөгелекте етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕЛЕКШЕ** үст. *Бөгелекке ұқсап, бөгелек сияқтанып.*

**БӨГЕЛЕҢДЕ=** ет. *Бөгеліңкіреу, кідіру.*

**БӨГЕЛЕҢДЕУ** *Бөгелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕЛМЕЛІ** сын. мед. *Тоқтататын, қайтаратын.*

**БӨГЕЛТ=** ет. *Кідірту, тоқтату.*

**БӨГЕЛТУ** *Бөгелт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕЛУ** *Бөгел етістігінің қимыл атауы; кідіру, тоқтау.*

**БӨГЕЛІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Сәл-пәл бөгелу, аялдаңқырау, кідіріңкіреу.* **2.** *Мүдіріңкіреу, кұмілжіңкіреу, іркіліңкіреу.*

**БӨГЕЛІҢКІРЕУ** *Бөгеліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕЛІС** зат. **1.** *Үзіліс, кідіріс, мүдіріс.* **2.** *Кедергі, тосқауыл.*

**Бөгеліс тапты.** *Кедергіге ұшырады, жеңілді.*

**БӨГЕЛІС=** ет. *Кідірісу, бірге тоқтау.*

**БӨГЕЛІССІЗ** сын. *Бөгетсіз, тоқтаусыз, кідіріссіз.*

**БӨГЕЛІСУ** *Бөгеліс етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕМЕ** зат. **1.** әск. *Танкіге, жаяу әскерге қарсы қойылатын тасымалды инженерлік бөгеттер.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, кедергі.*

**БӨГЕН[1]** зат. вет. *Жылқының жал құйрығын түсіріп, сымпитып, арықтататын қышыма ауру.*

**Бөген болған жылқының құйрығындай.** *Сирек, аз.*

**БӨГЕН[2]** зат. кәс. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын біріктіріп, бекітіп тұратын ағаш.*

**БӨГЕН[3]** зат. қолөнер. *Бесіктің иілтіп жасалған басы.*

**БӨГЕН[4]** зат. сушар. **1.** *Бәсең су алмасу жүретін көлемі әр қалай өзен арнасын бөгеу арқылы жасалатын су қоймасы.* **2.** *Ағындысын халық шарушылығы мақсаттарында реттеу үшін, әдетте, өзен аңғарында бөгеттер салу жолымен жасалған, көлемі 1,0 млн. текше метрден асатын жасанды сұқойма.* **3.** *Су қорын жинау үшін өзеннің алдына қойылған кедергі.*

**Бөгенді дайындаудағы шығын.** сушар. *Су басудан, жағалаудың жемірілуінен қорғану, объектілердің жаңа орынға шығарылуы, маса безгегіне (малярия) қарсы және жалпы санитариялық шаралар кешені.* **Бөгеннің көлемі.** сушар. *Су қоймасының тосылған деңгейіндегі белгілі (нақты) су көлемі.* **Бөгеннің өлі көлемі.** сушар. *Өлі көлем белдеуінен төмен орналасқан, тұнба, шөгінділер жиналатын көлем.* **Бөгеннің пайдаланылмайтын көлемі.** сушар. *Тайыздану деңгейінен төмен жатуына байланысты ағындыны реттеуге қатыспайтын су көлемі.* **Бөгеннің су ысырабы.** сушар. *Су шаруашылық есептеулерде ескерілуі тиіс бөгеннің айдынынан булану мен сүзілуге шығындылатын су ысырабы.*

**Бөген параметрлері.** сушар. *Бөгеннің негізгі өлшемдерін орнықтыру параметрлері және оны пайдалану режимінің негізгі қағидаларын анықтаушы параметрлер.* **Бөген сыйымдылығы.** сушар. *Текше метр мен текше километр өлшеміндегі су қойманың көлемі.*

**БӨГЕНАЙ** зат. *Бір нәрсенің көзге түсер айырықша белгісі, ерекшелігі.*

**БӨГЕНАЙЛА: бөгенайлап қарады**. жерг. *Пайымдап қарады.*

**БӨГЕНДЕ**[1]= ет. *Бөген болған жылқының құйрығын бір затқа үйкелеп қасынуы, тынышсыздануы.*

**БӨГЕНДЕ**[2]= ет. *Қайық не шананың табаны мен екі қабырғасын бір-біріне мықтап бекіту, біріктіру.*

**БӨГЕНДЕУ** *Бөгенде етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕНДІ** сын. *Бөгенделген, бөгені бар (қайық, шана).*

**БӨГЕНДІК** сын. *Бөген жасауға арналған, бөген болуға жарарлық.*

**БӨГЕҢКІРЕ**= ет. *Аздап бөгеу, бөгей түсу, сәл ғана кідірту.*

**БӨГЕҢКІРЕУ** *Бөгеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕС**= ет. *Бірге бөгеу, бөгет жасау, тоқтату.*

**БӨГЕСУ** *Бөгес етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕСІН**[1] зат. **1.** *Кішігірім бөгет.* **2.** *Ойщұқыр, кедір-бұдыр.* **3.** әск. *Танкіге қарсы инженерлік бөгеттер.* **4.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл.*

**Бөгесін болу.** *Кедергі келтіру, тосқауыл жасау.*

**БӨГЕСІНДЕ**= ет. сөйл. *Кедергіге ұшырау, бөгелу; тоқырау.*

**БӨГЕСІНДЕУ** *Бөгесінде етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕТ**[1] зат. **1.** *Жүруге, өтуге тосқауыл болатын кедергі.* **2.** *Өзен суын бөгеу үшін жасалған гидротехникалық құрылыс; тосқауыл, бөгеу.* **3.** сушар. *Бөгеу арқылы тоқтатылған су қоры.* **4.** әск. *Қарсыласты шығынға ұшырату, қозғалысын тежеп түру мақсатында оның жүру жолында жасалған жасанды кедергілер.* **5.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл.*

**Бөгет аэростаты.** әск. *Байлаулы аэростат.* **Бөгет болды**. *Кедергі келтірді.* **Бөгет болу.** *Кедергі келтіру, тосқауыл болу.* **Бөгет етті [қылды].** *Кедергі жасады, зиянын тигізді.* **Бөгет жасады [келтірді].** *Кедергі келтірді; кесірі тиді.* **Бөгет жасау торабы.** әск. *Жолдарды, көпірлерді т.б. қирату миналау, бөгет жасау үшін тағайындалған бөлімше немесе уақытша құрылым.* **Бөгет жолағы.** әск. *Қарсыласты титықтату, оны оны шығынға ұшырату, оның жылжуын бәсеңдету мақсатында бөгеттер қойылған жергілікті жердегі жолақ.* **Бөгетке ұшырады**. *Кедергіге жолықты.* **Бөгеттер жиілігі.** әск. *Жалпы бөгеттер ұзындығының (км бойынша) тасаланатын бағыттағы (алқаптағы, шептегі) майдан шебінің еніне қатысы.* **Бөгеттердегі өтпелер.** әск. *Түрлі ұрыс қимылдары кезінде міндеттерін орындауға өткізу үшін бөгеттерде арнайы бос қалдырылатын жергілікті жер (су кеңістігі) жолағы.* **Бөгеттерді аршу жасағы.** әск. *Жергілікті жерлерді миналардан, жарылмаған снарядтардан, авиациялық бомбалардан, фугастардан тазарту үшін құрылатын арнайы әскери құрылым.* **Бөгеттерді барлау.** әск. *Қарсыластың кедергілері туралы мәліметтер жинау мақсатында жүргізілетін инженерлік барлау.* **Бөгеттер жиілігі.** әск. *Жалпы бөгеттер ұзындығының (км бойынша) тасаланатын бағыттағы (алқаптағы, шептегі) майдан шебінің еніне қатысы.* **Бөгеттер жүйесі.** әск. *Қарсыласты шығынға ұшырату, алға жылжуын кідірту, маневрін қиындату мақсатында қорғаныста бірыңғай жоспар бойынша құрылатын әртүрлі бөгеттер жиыны.* **Бөгет торабы.** әск. *Қарсылас қозғалысының ықтимал деген жолына жасалатын әртүрлі инженерлік бөгеттердің жиынтығы.*

**БӨГЕТ**[2]= ет. *Бөгет жасату, тоқтату.*

**БӨГЕТ-СӨГЕТ** зат. сөйл. *Кедергі, тосқауыл.*

**БӨГЕТСІЗ** сын. **1.** *Бөгеті жоқ, кедергісіз.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз, кідіріссіз.*

**Бөгетсіз бас тоған.** сушар. *Инженерлік геологиялық, гидрологиялық және жер бедерлерінің қолайлы жағдайларындағы өзен суының маусым кезіндегі ең төмен биіктігі магистральді, каналдың бас сағасындағы деңгей биіктігінен жоғары болғанда салынатын гидротехникалық имарат.*

**БӨГЕТТЕЙ** сын. *Бөгет сияқты, бөгет тәрізді.*

**БӨГЕТТІ** сын. *Бөгеті бар, бөгет жасалған.*

**Бөгетті бас тоған.** сушар. *Су алу гидротехникалық имараттары немесе су жібергіш инженерлік имараттар.*

**БӨГЕТТІК** сын. *Бөгет боларлық, бөгет жасауға қолайлы. // Кесір, кедергі.*

**Бөгеттік су электр стансысы.** сушар. *Арыны бөгет арқылы пайда болатын, ал машина залы мен СЭС имараты бөгет шегінен тыс орнатылған су электр стансысы.*

**БӨГЕТУ** *Бөгет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГЕТШЕ** зат. **1.** геол. *Өзен арнасының маңындағы табиғи биік үйме жол.* **2.** сушар. *Жербөгетке ұқсас, үйінді түріндегі гидротехникалық имарат.*

**БӨГЕТШІ** зат. **1.** *Бөгет құрылысында жұмыс істейтін адам.* **2.** *Кедергі келтіруші, тосқауылдаушы.*

**БӨГЕУ**[1] зат. **1.** *Бөгет, кедергі, тосқауыл.* **2.** *Кідіріс, аял, тоқтам.*

**Бөгеу берді.** *Тоқтатты, кідіртті.* **Бөгеу болды [жасады].** *Тосқауыл болды, бөгет жасады, кедергі келтірді.* **Бөгеу болу.** *Тосқауыл болу, кедергі келтіру.*

**БӨГЕУ**[2] *Бөге етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ағын суды тоқтату.* **2.** *Жолынан қалдыру, күттіру, кідірту.* **3.** *Тосқауыл қою, кедергі келтіру, тежеу.*

**Бөгеу аймағы.** әск. *Қарсыластың жылжуын тежеп оны шығынға ұшырату мақсатында әртүрлі инженерлік кедергілер жасалған жергілікті жер ауданы.* **Бөгеу жасағы.** әск. *Қарсыластың шабуылына бөгет жасайтын инженерлік әскерлердің бөлімшелерінен (бөлімдерінен) тұратын құрылым.*

**БӨГЕУДЕЙІН** сын. поэт. *Бөгеу секілді, кедергі тәрізді.*

**БӨГЕУЛІ** сын. *Бөгеуі бар, тосқауылды, шектеулі, кедергісі көп.*

**БӨГЕУСІЗ** сын. **1.** *Бөгеуі жоқ, бөгетсіз.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз, кідіріссіз, іркіліссіз.*

**БӨГЕУШІ** сын. *Бөгейтін, кедергі келтіретін адам.*

**Бөгеуші аэростат**. әск. *Қарсыластың әуе шабуылынан қозғалатын объектілер үстіне аэростаппен бөгет жасау әдісі.*

**БӨГЕУШІЛІК** зат. *Кідіртушілік, кедергі келтірушілік.*

**БӨГЕУІЛ**[1] зат. **1.** әск. *Жаяу әскер мен танкіге қарсы жасалатын кедергі, тосқауыл.* **2.** сөйл. ***Бөгет.***

**Бөгеуіл болды.** *Кедергі жасады, бөгеді.* **Бөгеуіл жасады.** *Кедергі келтірді.* **Бөгеуіл клапан.** тех. *Құбырды ағытқанда, ішіндегі сұйықтық немесе газ ағып кетпес үшін, оның бірден бітеп тастау үшін қолданылатын клапан.*

**БӨГЕУІЛ**[2] зат. инф. <ағыл. disturbance> *Байланыс, өлшеу, басқару, есептеу техникасы және т.б. жерлерде пайдалы ақпарат тасымалдайтын сигналды білдіретін әсер.*

**БӨГЕУІЛДЕ**= ет. сөйл. ***Бөге.***

**БӨГЕУІЛДЕУ** *Бөгеуілде етістігінің қимыл атауы.*

**БӨГУ**[1] зат. *Жіті және созылмалы түрде өтетін сауын сиыр ауруы.*

**БӨГУ**[2] *Бөк етістігінің қимыл атауы; бір нәрсеге кенелу, белшесінен бату.*

**БӨГІРЕ** зат. *Кішкене қол сандық, сандықша.*

**БӨГІРЕБАС** зат. сөйл. ***Бөгіре.***

**БӨДЕ: бөде үй.** этн. *Отырып қалған қызға жасауымен жабдықталған арнайы тігілген киіз үй.*

**БӨДЕНЕ** зат. <лат. coturnix coturnix> *Егістікте, қалың шөп арасында кекілік тұқымдас сұр түсті кешкене дала құсы. // Кішкентай, ұсақ.*

**Бөдене бота.** *Азғын будандардан туған бота.* **Бөдене бөксе**. бейн. *Әдемі бөксе, сұлу дене бітімі.* **Бөденеге бәрі бір [бөдененің үйі жоқ] қайда барса быттылдық.** *Құр бекерге күн өткізді, ісінде еш береке жоқ; еш жерде мекен-жай, тұрақ жоқ, панасыз.* **Бөдене қозы.** *Кенже туған, дене тұрпаты жетілмеген, жатаған кішкене қозы.* **Бөдене құйрықтатты.** *Бөдененің құйрығындай етіп кесті.*

**БӨДЕНЕДЕЙ** сын. **1.** *Бөдене сияқты, бөдене тәрізді.* **2.** ауыс. *Кішкентай ғана, томпиған.*

**Бөденедей бүлкілдеді.** *Үн-түнсіз томпаңдап, бүкшең қақты.* **Бөденедей жорғалады.** *Құрдай жорғалады, жалпақтады.*

**БӨДЕНЕЛІ** сын. *Бөденесі бар, бөденесі көп.*

**БӨДЕНЕПАЗ** зат. *Бөдене төбелестіруге жаны құмар (адам).*

**БӨДЕНЕСІЗ** сын. сөйл. *Бөденесі жоқ, бөденесі болмайтын (жер).*

**БӨДЕНЕШЕ** үст. *Бөденеге ұқсап, бөдене сияқтанып.*

**БӨДЕНЕШӨП** зат. бот. <лат. veronica> *Далада, жайылымда, шабындықтарда өсетін аласа ғана жатаған шөп.*

**БӨДЕНЕШІ** зат. *Бөдене ұстаумен, оны күтіп-баптаумен айналысатын адам.*

**БӨДЕС** сын. *Жүндес келген мініске төзімді көнбіс (жылқы).*

**БӨДЕСКЕ** зат. кәс. *Арбаның білігін бойлата астыңғы жағынан төселетін ені 4-5 см ұзынша темір.*

**БӨДИ-СӨДИ: бөди-сөди етіп.** сөйл. *Өйтіп-бүйтіп.*

**БӨДІРЕТ** [ор. подряд] зат. сөйл. *Белгілі бір жұмысты түгел істеп шығу үшін алынған міндет, борыш.*

**БӨДІРЕТШІК** [ор. подрядчик] зат. сөйл. *Белгілі бір жұмысты түгелдей міндетіне алушы, көтермеші.*

**БӨЖЕЙ** сын. көне. *Кемеңгер, дана, данышпан, көсем*

**БӨЖЕК**: **бөжек қақты.** сөйл. ***Бүгежек қақты.***

**БӨЖЕКТЕТ** =ет. *Ызғыту, бөжек қақтыру, зулау.*

**БӨЖЕКТЕ**= ет. ***Бүгежекте.***

**БӨЖЕКТЕУ** *Бөжекте етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЖЕҢДЕ**= ет. сөйл. *Бөжектеу, бөжек қағу.*

**БӨЖЕҢДЕТ**= ет. *Бөжең-бөжең еткізу.*

**БӨЖЕҢДЕТУ** *Бөжеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЖЕҢДЕУ** *Бөжеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЖІ=** ет. ***Бөс.***

**БӨЖІП-БӨРТ=** ет. *Кеуде қағу, мақтану.*

**БӨЖІП-БӨРТУ** *Бөжіп-бөрт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЗ** зат. **1.** *Мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата. // Бөзден істелген.* **2.** этн. *Қайтыс болған адамға арналып тігілетін киім; кебін. // Жаман, нашар, бос, құнсыз.*

**Бөз орнына сөз берді**. *Құр сөзбен шығарып салды.*

**БӨЗДЕЙ** сын. *Бөз сияқты, бөз тәрізді.*

**БӨЗДЕН=** ет. *Бөз тәрізденіп, өңі қашып бозару.*

**БӨЗДІ** сын. *Бөзі бар, бөзі мол.*

**БӨЗЕК: бөзек болды.** *Аяқ асты болды, қор болды.*

**Бөзек етті.** *Қорлады, аяқ асты етті, басынды.*

**БӨЗШЕ** үст. *Бөз сияқты, бөзге ұқсап.*

**БӨЙЕК** зат. жерг. *Шыны ыдыс.*

**БӨЙЕКБАУ** зат. жерг. *Зәкірге байланатын кендір жіп.*

**БӨЙТЕКІ** сын. жерг. *Дөрекі, сөлекет; ыңғайсыз.*

**БӨЙТІК** зат. *Күзетшілер киетін теріден тігілген аяқ киім.*

**БӨК=** ет. **1.** *Жеген азықтың қарында бөртуі.* **2.** *Бойына су тарту, сұйықтыққа, суға қану.* **3.** ауыс. *Тамақты (жемді) қалыптан тыс артық жеу; шеміршек ату.* **4.** ауыс. *Бір нәрсеге кенелу, белшесінен бату.* **5.** ауыс. *Рақаттану, ләззат алу.*

**БӨКЕ**[1] зат. кәс. *Қайықтың қабырғасына тігінен салынған жұмыр ағаш.*

**БӨКЕ**[2] зат. кәс. *Бір жерге жал болып жинақталған, тырмаланғаннан кейінгі шөмеленбеген шабылған шөп.*

**БӨКЕБАЙ**[1] [ор. пуховой] зат. **1.** *Түбіттен, жүннен тоқылған жұмсақ мойын орағыш.* **2.** *Түбіттен, жүннен тоқылған үлкен орамал; шәлі.*

**Бөкебай орамал**. *Жүннен тоқылған орамал.* **Бөкебай ішік.** *Жүннен тоқылған ішік.*

**БӨКЕБАЙ**[2] зат. жерг. *Желкеннің кішірек түрі.*

**БӨКЕБАЙДАЙ** сын. *Бөкебай сияқты, бөкебай тәрізді.*

**БӨКЕБАЙЛЫ** сын. *Бөкебайы бар, бөкебай салған.*

**БӨКЕБАЙЛЫҚ** сын. сөйл. *Бөкебай боларлық.*

**БӨКЕБАЙСЫЗ** сын. *Бөкебайы жоқ, бөкебай салмаған*

**БӨКЕБАЙСЫМАҚ** зат. экспр. *Толық мәнінде бөкебай емес, бірақ бөкебай орнына жүретін нәрсе.*

**БӨКЕБАЙШАҢ** сын. *Бөкебай жамылған (салған), тек бөкебайы ғана бар.*

**БӨКЕЙ** зат. көне. *Батыр, ержүрек.*

**БӨКЕК**: **бөкек қақты**. сөйл. ***Бүкең қақты.***

**БӨКЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Бүкеңде.***

**БӨКЕКТЕТ=** ет. сөйл. ***Бүкеңдет.***

**БӨКЕКТЕТУ** *Бөкектет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКЕКТЕУ** *Бөкекте етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКЕЛІ** сын. кәс. *Бөкесі бар, бөке салынған.*

**БӨКЕН**[1] зат. зоол. <лат. antilopinae> *Далалы жерді мекендейтін, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын аша тұяқты жүйрік аң; ақбөкен.*

**Бөкен аяқ.** а) *Жіңішке, сидам, ұзындау аяқ.* ә *Жұмыр келген, толық, әдемі аяқ.* **Бөкен бөксе**. *Бөкеннің бөксесіне ұқсас толық, жұмыр бөксе.* **Бөкен жақ.** *Ат жақты, жағы ұзын.* **Бөкен желіс**. *Екпінді, қатты, сар желіс.* **Бөкен желіске басты.** *Сар желіске салды.* **Бөкен желіске салды**. *Сар желді, қатты желді.* **Бөкен қабақ**. *Сыртқа қарай шығыңқы, түксиген тік қабақ.* **Бөкен құшақ сан.** жерг. *Жуан, жұмыр, үлкен сан.* **Бөкен сан.** *Бұлшық етті, жұп-жұмыр сан.* **Бөкен санды.** *Жұп-жұмыр саны бар.* **Бөкен [құлын] сауыр.** *Сауыры қысқа мықты, ұзаққа шаршамай шабатын ат сынының бір белгісі.* **Бөкен тон.** *Бөкен жүнінен тігілген тон.*

**БӨКЕН**[2] зат. зоол. жерг. *Жылқының құйрығының, жалының арасында инедей қадалып, оны аздыратын жәндік.*

**БӨКЕНДЕ=** ет. жерг. *Түлеу, жүн тастау.*

**БӨКЕНДЕЙ** үст. *Бөкен сияқты, бөкен тәрізді.*

**БӨКЕНДІ** сын. *Бөкені бар, бөкені мол.*

**БӨКЕНЖАРҒАҚ** зат. *Бөкеннің терісінен түгін сыртына қаратып тігілетін ерлердің сырт киімі.*

**БӨКЕНОТ** зат. өс. *Сайғақшөп, иттабанның бір түрі.*

**БӨКЕНШЕ** үст. *Бөкенге ұқсап, бөкен тәрізденіп.*

**БӨКЕҢ** елік. *Бүкшең-бүкшең етіп, бөкеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**БӨКЕҢ**: **бөкең қақтырды**. сөйл. ***Бүкең қақты.***

**БӨКЕҢДЕ=** ет. *Бөкең қағып жүгіру, желу.*

**БӨКЕС** [ор. покос] зат. *Қол шалғымен шапқандағы, ат тырмамен тырмалағандағы бір қатарға жиналған шөп.*

**БӨКЕУІЛ** зат. сөйл. ***Бақауыл.***

**БӨКИ** зат. көне. *Құбыжық.*

**БӨККІШ** сын. *Жиі бөгіп қалатын, тез тойынғыш.*

**БӨКПЕ**[1] зат. сөйл. ***Бөкпен.***

**Бөкпе нан.** тамақ. *Жайылған қамыр арасына ет салып, пешке пісірілген нан.*

**БӨКПЕ**[2] сын. жерг. **1.** *Борпылдақ, жұпжұмсақ, майда.* **2.** ауыс. *Көпіргіш, көбейгіш.*

**БӨКПЕН** зат. **1.** этн. *Талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас, ұлттық тағам.* **2.** ауыс. *Балшықты дымқыл жер.*

**БӨКПЕНДЕЙ** сын. *Бөкпен сияқты, бөкпен тәрізді.*

**БӨКПЕНДІК** сын. *Бөкпен жасауға арналған, бөкпен боларлық.*

**БӨКСЕ** зат. *Адамның, малдың белінен төмен жамбасының тұсы.*

**Бөксе басып отырмайды.** *Тыным таппайды, дамыл көрмейді.* **Бөксесін көтере алмады.** *Жүре алмады, шаба алмады, аяғынан тұра алмады.*

**БӨКСЕБАСАР: бөксебасар болды**. *Көп отырып қалатын болды, жүріп-тұруы қиындады.*

**БӨКСЕБАСТЫ: бөксебасты қылды**. *Ауыртпалық түсірді, тұрмысты қиындатты.*

**БӨКСЕЛЕ=** ет. **1.** *Киіп-жару, соқтығу.* **2.** *Ығыстыру, ықтыру.* **3.** ауыс. *Басу жабу.*

**БӨКСЕЛЕН**: **сал бөкселенді**. а) *Орнынан тұра алмады.* ә) *Сылбыр тартты, асықпады.*

**БӨКСЕЛЕТ=** ет. *Ықтырту, ығыстыру.*

**БӨКСЕЛЕУ** *Бөкселе етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКСЕЛІ** сын. *Бөксесі үлкен, қомақты.*

**БӨКСЕР**[1] зат. сөйл. ***Бөктер.***

**БӨКСЕР**[2] зат. этн. жерг. *Асар, үме, күмек.*

**БӨКСЕР=** ет. **1.** *Айырып тастау, жырту, жарып жіберу, ақтарып тастау.* **2.** ауыс. *Бұзып-жару, жапыру, ығыстыру.*

**БӨКСЕРУ** *Бөксер етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКСЕРШІ** зат. этн. жерг. *Асарға, үмеге келуші, қатысушы адам.*

**БӨКСЕРІЛ=** ет. **1.** *Жыртылу, айырылып кету.* **2.** *Аударылу, қопарылу, жапырылу.*

**БӨКСЕРІЛУ** *Бөксеріл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТЕР** зат. *Таудың, қия беттің етектен жоғарылау жері, бөксе тұсы.*

**Бөктер жол.** *Тау етегіндегі, баурайындағы жол.*

**БӨКТЕР=** ет. **1.** *Бір нәрсені ердің арт жағына көлденең қойып, екі қанжығамен байлау.* **2.** ауыс. *Ие болу, малдану; олжа ету.*

**БӨКТЕРГІ**[1] зат. зоол. <лат. falco vespertinus> *Тышқан және сол сияқты ұсақ жәндіктерді аулайтын кішірек ақсары жүнді келетін, сұңқар тектестер отрядының сұңқарлар тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**БӨКТЕРГІ**[2] зат. **1.** *Ердің қанжығалығы, бөктермелік жер.* **2.** сөйл. ***Бөктерме.***

**Бөктергісі тоқ.** *Олжалы.*

**БӨКТЕРГІШЕ** үст. *Бөктергіге ұқсап.*

**БӨКТЕРЛЕ=** ет. *Таудың етек жағынан қапталдай, қабырғалай жүру.*

**БӨКТЕРЛЕС=** ет. *Бірге бір бөктерде жүру.*

**БӨКТЕРЛЕСУ** *Бөктерлес етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТЕРЛЕТ=** ет. *Таудың бөктерімен қабырғалай жүргізу.*

**БӨКТЕРЛЕТУ** *Бөктерлет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТЕРЛЕУ** *Бөктерле етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТЕРЛІ** сын. сөйл. ***Бөкселі.***

**БӨКТЕРЛІК: бөктерлік ойпаң.** геол. *Плотформа мен қатпарлы облыс арасындағы тектоникалық құрылым; тау алды ойпаңы, шеткі ойпаң.*

**БӨКТЕРМЕ** зат. *Қанжығаға бөктерілген зат, бөктерінді.*

**БӨКТЕРМЕЛІ** сын. *Бөктермесі бар.*

**БӨКТЕРТ=** ет. **1.** *Қанжығасына байлату, олжа еткізу.* **2.** *Беру, олжалату.*

**БӨКТЕРТУ** *Бөктерт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТЕРУ** *Бөктер етістігінің қимыл атауы; ердің орта жағына көлденең қойып байлау.*

**БӨКТЕРУЛІ** сын. *Қанжығасына байлаулы, бөктерілген.*

**БӨКТЕРІЛ**[1]**=** ет. *Қанжығаға байлану, асылу.*

**БӨКТЕРІЛ**[2]**=** ет. сөйл. *Туырылып түсу, жайылып жату.*

**БӨКТЕРІН=** ет. *Кию, қабаттау.*

**БӨКТЕРІНДІ** зат. *Бөктерме, бөктерілген зат.*

**БӨКТЕРІНШЕК** зат. **1.** *Қанжығадағы байлаулы, бөктерілген кішкене зат, шағын бөктерме.* **2.** ауыс. *Жаяу арқалап жүретін жолқап, түйіншек.*

**Бөктеріншегі тоқ.** *Олжалы.*

**БӨКТЕРІНШЕКТІ** сын. **1.** *Бөктеріншегі бар.* **2.** ауыс. *Бөкселі, дұмді.*

**БӨКТЕРІНШЕКТІЛЕУ** сын. *Дұмділеу, бөкселілеу.*

**БӨКТІР=** ет. **1.** *Күріш, арпа, бидай, тарыны т.б. ыстық суға, сүтке салып бөрттіру.* **2.** егіншар. *Тары, күріш, жүгері т.б. дәнді дақылдарды егер алдында суға салып жібіту, бөрттіру.* **3.** жерг. *Балшық айдау, топырақ жібіту, илеу.*

**БӨКТІРТ=** ет. *Күріш, арпа, бидай т.б. дәнді дақылдарды бұқтырып пісірту.*

**БӨКТІРТУ** *Бөктірт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКТІРУ** *Бөктір етістігінің қимыл атауы; күріш, арпа тары, жүгері, т.б. дәнді дақылдарды егер алдында суға салып жібіту, бөрттіру.*

**БӨКТІРІЛ**= ет. **1.** *Тарының т.б. ыстық суға, сүтке салынып, бөрттірілуі.* **2.** егіншар. *Тары, күріш, жүгері т.б. дәнді дақылдардың егер алдында суға салынып, жібітілуі, бөрттелуі.* **3.** *Демделу, бұқтырлу.*

**БӨКТІРІЛУ** *Бөктіріл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКШЕҢДЕС**= ет. сөйл. ***Бүкшеңдес.***

**БӨКШЕҢДЕСУ** *Бөкшеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**БӨКІ** зат. жерг. *Иленген қалың көннен істелген кебіс тәрізді аяққиім.*

**БӨКІС** зат. жерг. *Көкпарда киілетін, киіз қаптамасының сыртынан, басы былғарымен қапталған киіз етік.*

**БӨЛ**[1]= ет. **1.** *Бір нәрсені екіге я одан да көпке жару, бөлшектеу.* **2.** *Үлестіру, тарату, бөліп беру.* **3.** *Ажырату, айыру.* **4.** *Жікке бөлу, саралау.* **5.** *Топтастыру, топтау.* **6.** ауыс. *Белгілі бір жұмысқа арнап шығару, соған барады деп белгілеу.* **7.** *Аражігін ажырату, айқындау, бөлшектеу.* **8.** ауыс. *Жек шығару, ерекшелеу.* **9.** хим. *Жасау, бөліп шығару.* **10.** ауыс. *Жақын адамдарды бірінен-бірін алыстату, айыру, арасын суыту.*

**Бөліп жеді [ішті].** *Барға ортақтасып, тату тұрды, сыйласты.*

**БӨЛ**[2]= ет. мат. *Санды санға теңдей етіп бөлу.*

**БӨЛГІЗ**= ет. *Бөлдіру, бөлшектеткізу.*

**БӨЛГІЗУ** *Бөлгіз етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛГІШ**[1] зат. **1.** мат. <лат. separator> *Бөлінгішті бөлетін, бөлуші сан.* **2.** инф. *Қандай да бір бағдарламалық құрылманың басын немесе соңын белгілейтін символ.*

**БӨЛГІШ**[2] сын. **1.** *Бөлу қызметін атқаратын, бөліп тұратын, бөлетін (зат).* **2.** *Бір нәрсені бөліп тұратын механизм.* **3.** *Бір нәрсені бөліп шығаратын.*

**Бөлгіш қабырға.** сушар. *Жекелеген су торабының элементі, бөгет суын басқа имараттан бөліп тұратын және ағынды судың діңгек түбін шаймалауынан сақтайтын қабырға.* **Бөлгіш мәшине.** тех. *Сызықтық және дөңгелек шкалаларды тең бөліктерге бөлгіш мәшине.*

**БӨЛГІШТЕ**= ет. *Жіктеп, бөлу, топтау.*

**БӨЛГІШТЕУ** *Бөлгіште етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛДЕК**[1] зат. жерг. *Кішкене төбешік.*

**БӨЛДЕК**[2] зат. кәс. *Астық себуге арнап бөлген жер.*

**БӨЛДІР**= ет. *Бөлгізу, айырту.*

**БӨЛДІРКЕ** зат. кәс. *Екі-үш кісі отыратын кішкене жеңіл қайық.*

**БӨЛДІРТ**= ет. *Бөлгіздіру.*

**БӨЛДІРТУ** *Бөлдірт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛДІРУ** *Бөлдір етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕ** зат. *Әпкелі-сіңлілі адамдардың балалары.*

**Бөлелер некесі.** көне. тар. *Рулық қоғамдағы неке.*

**БӨЛЕ**= ет. **1.** *Жас баланы бесікке жатқызып, орап таңу, құндақтау.* **2.** саят. *Ителгі, лашын сияқты қыран құстарды суыққа тоңдырмау үшін бір нәрсеге орап, таңып қою.* **3.** *Қоңыр аңның төлін суыққа тоңдырмау үшін бір нәрсеге орап, таңып қою.* **4.** ауыс. *Бір нәрсеге кенелту, қарық қылу, көміп тастау.*

**БӨЛЕГІРЕК** сын. **1.** *Басқашалау, өзгешелеу.* **2.** *Оңашарақ, алысырақ, қашықтау.*

**БӨЛЕЖАН** зат. эксп. *Бөлеге құрмет тұту, жақын санау нышанымен айтылатын атауыш.*

**БӨЛІП-ЖАР**= ет. *Бірнешеге бөлу, бөлшектеу.*

**БӨЛЕ-ЖАРА** үст. *Ортақтасып, бөлісіп.*

**Бөле-жара қарады.** *Алалады, бөлді.* **Бөле-жара қарау.** *Алалау, бөлу.*

**БӨЛЕ-ЖАРҒЫСЫЗ** сын. *Бөлуге келмейтін.*

**БӨЛЕ-ЖАРЫЛ**= ет. *Бөліну, топтан бөлектену.*

**БӨЛЕ-ЖАРЫЛУ** *Бөле-жарыл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕ-ЖАРЫС**= ет. *Бөлісу.*

**БӨЛЕК**[1] зат. *Бүркіттің құндағы; бөлеу.*

**БӨЛЕК**[2] зат. сөйл. ***Бөлік.***

**БӨЛЕК**[3] үст. **1.** *Өз алдына, жеке; дара.* **2.** *Оқшау, шеткері; оңаша.* **3.** *Басқа, бөтен, өзге.* **4.** *Ерекше, айрықша, өзгеше.*

**Бөлек жаратылған.** *Ерекше, ешкімге ұқсамайтын.* **Бөлек шығарды.** этн. *Үйленген ұл баласын еншісін беріп, өз алдына жеке үй етті.* **Бөлек шықты.** этн. *Еншісін алып, өз алдына жеке үй болды.*

**БӨЛЕК-БӨЛЕК** сын. **1.** *Жеке-жеке, дара-дара.* **2.** *Әртүрлі, басқа-басқа.*

**БӨЛЕКЕ** зат. сөйл. *Бөле адамдардың бір-біріне сыйлап атайтын атауыш сөз.*

**БӨЛЕК-САЛАҚ** сын. *Бөлек жүрген, басы артық. // Уақ-түйек, майда-шүйде зат.*

**БӨЛЕКСУ** *Бөлексі етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕКСІ**= ет. *Бөлектену, бөлекпін деп сезіну.*

**БӨЛЕКТЕ**= ет. **1.** *Бөлу, айыру, жіктеу.* **2.** ауыс. *Жатқа санау, алалау, бөтенсіну.* **3.** ауыс. *Жасыру, бүгіп қалу, айтпау.*

**Бөлектеп жинау [ору].** егіншар. *Егінді бірнеше күн бұрын орып тастап, содан кейін барып комбайнмен бастыру әдісі.*

**БӨЛЕКТЕУ** *Бөлекте етістігінің қимыл атауы; алалау, бөтенсу.*

**БӨЛЕКТЕЛ**= ет. *Оңашалану, бөліну.*

**БӨЛЕКТЕЛУ** *Бөлектел етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕКТЕЛІН**= ет. *Басқалардан оқшау ұсталыну, бөлек алыну.*

**БӨЛЕКТЕН**= ет. **1.** *Ерекшелену, өзгешелену.* **2.** *Бөлек шығу, оқшаулану, шеттеу.*

**БӨЛЕКТЕНУ** *Бөлектен етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Ерекшелену, оқшаулану.* **2.** *Бөліну.*

**БӨЛЕКТЕНУ** зат. геол. **1.** *Өз массасының әсерімен табиғи қозғалу кезінде тау жыныстарында пайда болатын терең жарық;* **2.** *Қопарғаннан кейін, кертпештің бетінде пайда болатын жарық, тау жыныстарының қалған массасы бетіндегі саңылаулы шытынақтар.*

**БӨЛЕКТЕС**= ет. *Бөлек етісу, бөліп әкетісу.*

**БӨЛЕКТЕСУ** *Бөлектес етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕКТЕТ**= ет. *Бөлек шығару, алшақтату.*

**БӨЛЕКТЕТУ** *Бөлектет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕКТЕУ** сын. **1.** *Бір жерден не біреулерден алшақтау, оңашалау.* **2.** *Айрықшалау, басқашалау, ерекшелеу.*

**БӨЛЕКТЕУ** *Бөлекте етістігінің қимыл атауы; айыру, бөлу, жіктеу.*

**БӨЛЕКТЕУШІЛІК** зат. *Жеке бөлікке бөлушілік, бөлек етушілік.*

**БӨЛЕКТІК** зат. *Бөлек болушылық, басқалық, бөтендік, жаттық, даралық.*

**БӨЛЕКШЕ** үст. *Ерекше, басқаша, айрықша, өзгеше.*

**БӨЛЕКШЕЛЕН**= ет. *Ерекшелену, оқшалану.*

**БӨЛЕКШЕЛЕУ** сын. *Басқашалау, өзгешелеу, ерекшелеу.*

**БӨЛЕКШЕЛІК** зат. *Ерекшелік, айырмашылық.*

**БӨЛЕЛІК** зат. *Бөле болғандық, туыстық.*

**БӨЛЕН**= ет. *Малыну, бату.*

**БӨЛЕНДІР** ет. *Ие болғызу.*

**БӨЛЕНДІРУ** *Бөлендір етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕНТ**= ет. *Малынту.*

**БӨЛЕНТУ** *Бөлент етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕНУ** *Бөлен етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛЕТ**= ет. *Нәрестені бесікке салдыру, орату, таңдыру.*

**БӨЛЕУ**[1] зат. саят. *Бүркіттерді не басқа да саят құстарын суықта не жолда алып жүргенде салып жүретін, мал, аң терілерінен иленіп немесе ағаштан қиып жасалатын құрал.*

**БӨЛЕУ**[2] *Бөле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нәрестені бесікке салып, орап таңу, құндақтау.* **2.** ауыс. *Малындыру, кенелту, толтыру.*

**БӨЛЕУЛІ** сын. *Бөленген, бөленіп қойылған.*

**БӨЛКЕ** [ор. булка] зат. сөйл. *Белгілі бір қалыпқа салынып пісірілген нан.*

**Бөлке нан.** *Төртбұрыш табаға салынып пісірілген 650-700 гр-дай күнделікті тамақ рационындағы нан.*

**БӨЛМЕ** зат. **1.** *Үйдің, пәтердің төрт қабырғадан тұратын, арнайы қызметіне қарай бөлінген жеке бір бөлігі.* **2.** *Мекемелердегі (мектеп) арнайы жабдықталған кабинет.* **3.** қоғ.-саяси. *Үлкен ғимараттың ішіндегі төрт жағы матамен қоршалған дауыс беруге арналған жер.*

**Бөлме өсімдіктері.** бот. *Тұрғын үйлерде, қоғамдық орындарда әсемдік үшін өсірілетін ыдысқа отырғызып өсірілетін өсімдіктер.*

**БӨЛМЕ-БӨЛМЕ** сын. *Жеке-жеке бөлмелер, көп бөлме.*

**БӨЛМЕЛЕ**= ет. *Бірнешеге бөлу, бөлшектеу.*

**БӨЛМЕЛЕП** үст. *Бөліп-бөліп.*

**БӨЛМЕЛЕС** сын. *Бөлмесі бір, бір бөлмеде жататын (адам).*

**БӨЛМЕЛІ** сын. *Бөлмесі бар.*

**БӨЛМЕЛІК** сын. *Бөлмеден тұратын.*

**БӨЛМЕСЫМАҚ** зат. эксп. *Бөлмелік сипаты шамалы, бөлме деп айтуға толық келмейтін.*

**БӨЛМЕШЕ** зат. *Кішігірім бөлме.*

**БӨЛТЕК** зат. көне. *Бір бөлек егіндік жер, азғана жер.*

**БӨЛТЕК-БӨЛТЕК** сын. *Бөлек-бөлек, топтоп, шоқ-шоқ.*

**БӨЛТЕК-САЛТАҚ** сын. сөйл. ***Бөлек-салақ.***

**БӨЛТЕК-СӨЛТЕК** сын. сөйл. ***Бөлек-салақ.***

**БӨЛТИ**= ет. жерг. ***Бұлти.***

**БӨЛТИЮ** *Бөлти етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛТІРІК**[1] зат. **1.** *Қасқырдың үлкейіп қарақұлақтанған күшігі.* **2.** ауыс. *Жауыздықпен ауызданған жас.*

**БӨЛТІРІК**[2] зат. бот. *Далалы, жазық жерлерде өсетін, бойы 15–20 см-дей улы шөп.*

**БӨЛТІРІК**[3] зат. өс. *Итжүзімнің бір түрі, ақ итжүзім.*

**БӨЛТІРІСКЕ** зат. кәс. ***Елтірі.***

**БӨЛУ**[1] зат. мат. <лат. sharing> *Санды санға теңдей етіп бөлудің теориясын үйрететін арифметикалық амал.*

**Бөлу амалы.** мат. *Көбейту амалына кері амал.*

**БӨЛУ**[2] *Бөл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір затты бөлшектеу, екіге я одан көпке жару.* **2.** *Ажырату, айыру.*

**Бөлу құдығы.** сушар. *Жабық суармалау жүйесінің құдығы.* **Бөлу мөлшері.** физ. *Адам мен жануарлар ағзасынан зат алмасудың соңғы өнімдерін, артық су мен тұзды, тағы басқа*

*бөгде заттардың артық мөлшерін бөлетін мөлшері.* **Бөлу позициясы.** әск. *Инженерлік тұрғыдан жабдықталған позиция.* **Бөлу факторы.** экон. *Ұсыным факторы мүмкіндік беретін экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатымен экономиканың ресурстарды қайта белу қабілеті.*

**БӨЛУШІ** зат. *Бір нәрсені бөлетін, бөлу қызметін атқаратын адам (нәрсе).*

**БӨЛШЕК**[1] зат. **1.** *Тұтас нәрсенің жеке бір бөлегі.* **2.** тех. *Кез келген механизмнің жеке-жеке тетігі, белгілі бір детальі.* **3.** *Қоршаған ортадағы заттардың негізі болып табылатын ең кішкене (ұсақ) бөлігі: атом, молекула, нейтрон, протон т.б.*

**Бөлшек баға**. *Аз мөлшерде немесе бір талдап сатып алынатын тауар бағасы.* **Бөлшек сауда.** *Өнімді бөлшектеп сату әдісі; ұсақ сауда.* **Бөлшек сауда бағасы.** экон. *Халыққа сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары арқылы өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы.* **Бөлшектер дифракциясы.** физ. *Электронның, нетронның атомның, молекуланың кристалдан, сұйық пен газ молекулаларынан шашырауы.*

**БӨЛШЕК**[2] зат. **1.** мат. *Өлшем ретінде алынған бүтін санның (бірліктің немесе шаманың) белгілі бір не бірнеше бөлегін көрсететін сан атауы.* **2.** мат. *Арифметикада бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерінен құралған сан.*

**Бөлшек сан**. *Бірнеше бөлшектен (алымнан және бөлімнен) тұратын сан: бүтін сан.* **Бөлшектер концентрациясы.** хим. *Қандай да бір көлемдегі бөлшектер санының осы көлем шамасына қатынасы.*

**БӨЛШЕК-БӨЛШЕК** сын. *Бөлек-бөлек, жеке-жеке, дара-дара.*

**БӨЛШЕКТЕ=** ет. **1.** *Бөліп-бөліп тастау, бірнешеге бөлу, ажырату.* **2.** *Мүшелеу.* **3.** *Құрастырылған затты қайтадан бөлек-бөлек етіп ажырату.* **4.** ауыс. *Сөзді үзіп-үзіп айту.* **5.** ауыс. *Жік-жікке бөлу, даралау, саралау.*

**БӨЛШЕКТЕГІШ** сын. *Бөлшектеу әрекетін істеуші, бөлшекке бөлуші.*

**БӨЛШЕКТЕЛ=** ет. *Бөлшек-бөлшек етілу.*

**БӨЛШЕКТЕЛУ** *Бөлшектел етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛШЕКТЕН=** ет. **1.** *Бөліну, ұсақталу, майдалану.* **2.** *Жікке бөліну.* **3.** ауыс. *Даралану, бөлектену.*

**БӨЛШЕКТЕНУ** *Бөлшектен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліну, ыдырау, ұсақталу.* **2.** биол. <лат. fissio> *Ұрықтанған бір жасушалы ағзаның (зигота) митоз арқылы бөлініп, көп жасушалы ұрыққа (бластула) айналуының эмбриондық кезеңі.* **3.** ауыс. *Бөлшектену, оқшаулану.* **4.** ауыс. *Жікке бөліну, бытырау.*

**БӨЛШЕКТЕНУШІЛІК** зат. *Бөлінушілік, бөлшек-бөлшек болушылық.*

**БӨЛШЕКТЕТ=** ет. *Бөлшек-бөлшек еткізу, бөлдіру.*

**БӨЛШЕКТЕТУ** *Бөлшектет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛШЕКТЕУ** *Бөлшекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** тех. *Затты бөлек-бөлек етіп ажырату.* **2.** сушар. *Бірнеше арнаға айыру, тарамдау.* **3.** ауыс. *Жікке бөлу, бытырату, бөлек-бөлек ету.*

**БӨЛШЕКТІК** сын. *Бөлшекке тән, бөлшекке қатысты.*

**Бөлшектік сан**. лингв. *Өлшем ретінде алынған бүтін шаманың (санның) бір бөлегін көрсететін сан есім.*

**БӨЛШЕКТІ-СЫЗЫҚТЫҚ: бөлшекті-сызықтық функция.** мат. *Сызықты функциялардың қатынасын көрсететін рационал функцияның дербес және қарапайым түрі.*

**БӨЛІК** зат. **1.** *Бірнешеге бөлінген тұтас нәрсенің бір бөлігі.* **2.** *Екі аралықты бөліп тұрған зат, бөлінген жер.* **3.** *Арнайы берілген, белгіленген орын; бөлім.*

**БӨЛІКТЕГІШ** зат. инф. <ағыл. delimiter> *Мәліметтер дестесінің (немесе маркердің) басын немесе соңын ажыратуға арналған өріс.*

**БӨЛІКТІ** сын. *Бөліктен тұратын.*

**БӨЛІКШЕ** зат. *Кішкене ғана бөлік.*

**БӨЛІМ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жеке-жеке сала.* **2.** *Орта, жоғары оқу орындары факультеттерінің ішіндегі мамандық бойынша бөлінген топ.* **3.** әск. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.* **4.** *Қандай да бір ғылыми еңбектің, оқулықтың, пәннің белгілі бір тараушасы.* **6.** *Бөлік, жақ, бет.*

**Бөлім командирі.** әск. *Бөлімнің (бөлімше) жеке құрамын басқаратын адам.* **Бөлім қызметкері.** *Белгілі бір мекеме, ұйым құрамына кіретін бөлімде жұмыс істейтін адам.* **Бөлімнің құрмет кітабы.** әск. *ҚР Қарулы Күштері ішкі істер қызметі жөніндегі Ережеге сәйкес бөлім дәстүрлерін сақтау, мадақтау және әскери даярлық үздіктерінің озық тәжірибелерін тарату мақсатында жүргізілетін кітап.* **Бөлім тақырыбы.** инф. <ағыл. division header> *Бағдарлама бөліктерінің басын көрсететін сөйлем.* **Бөлім штабының бастығы.** әск. *Бөлім штабын басқаратын адам.*

**БӨЛІМ**[2] зат. мат. <лат. partition> *Бірліктің неше тең бөлікке бөліне алатындығын көрсететін бөлшектің бір мүшесі.*

**БӨЛІМ-БӨЛІМ** сын. *Бірнеше бөлім, бөлшек-бөлшек.*

**БӨЛІМДІ** сын. *Бөлімнен тұратын, жеке-жеке бөліктен құралған.*

**БӨЛІМСІЗ** сын. *Бөлімі жоқ; бөлімнің қатысынсыз.*

**БӨЛІМШЕ** зат. **1.** *Белгілі бір ұйымның, қоғамның, мекеменің бір бөлігі, жеке саласы.* **2.** әск. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.* **3.** *Елді мекеннің жеке бір бөлімі.*

**БӨЛІМШЕАРАЛЫҚ** сын. *Бөлімшелер арасындағы.*

**БӨЛІМШЕЛІК** сын. *Бөлімшеге тән, бөлімшеге қатысты.*

**БӨЛІН=** ет. **1.** *Бөлшектену, жіктелу.* **2.** *Ажыратылу, айырылу.* **3.** *Берілу, арналу, есептелу.* **4.** *Жеке шығу, өз алдына болу.* **5.** *Бөлектену, оқшаулану.*

**Бөлінбеген табыс.** экон. *Кәсіпорын табысының оның шығысынан асып түсетін таза сомасы.* **Бөлінбейтін қор.** экон. *Кәсіпорынның негізгі байлығы, материалдық-техникалық негізі.*

**БӨЛІНБЕЛІ: бөлінбелі теңгерім.** экон. *Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру (бөлу және бөліп шығару) кезінде жасалатын баланыс.*

**БӨЛІНГІШ**[1] зат. мат. *Бөлгішке бөлінетін сан.*

**БӨЛІНГІШ**[2] сын. *Тез, оңай бөлінетін.*

**БӨЛІНГІШТІК** сын. мат. *Бір санның екінші бір санға бөліну қасиеті.*

**БӨЛІНДІ** зат. мат. **1.** *Бөлінгішті бөлгішке бөлгеннен кейін шыққан сан.* **2.** *Бүтін санның бөлшегін көрсететін сан; бөлшек.*

**БӨЛІНЕ-БӨЛІНЕ** үст. *Бірнеше рет бөлініп.*

**БӨЛІНУ** *Бөлін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөлшектелу.* **2.** биол. *Бөліп шығару, көбею.*

**БӨЛІНУШІЛІК** зат. **1.** *Бөліне білушілік, бөлінгендік.* **2.** *Жікшілдік.*

**БӨЛІНІЛ=** ет. *Ерекшелену.*

**БӨЛІНІП-БӨЛІНІП** үст. *Бірнешеге жіктеліп, топ-топ болып.*

**БӨЛІНІС** зат. **1.** *Жік, топ.* **2.** биол. *Жасушалардың көбею процесі.*

**БӨЛІНІС=** ет. *Бөлек-бөлек болысу, жіктелісу.*

**БӨЛІНІСУ** *Бөлініс етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛІП-БӨЛІП** үст. **1.** *Бірнешеге бөліп, жіктеп.* **2.** *Бірнеше дүркін, үзіп-үзіп.*

**БӨЛІП-ЖАР=** ет. **1.** *Бөлшектеу, бөлек-бөлек ету.* **2** *Айыру, ажырату.* **3.** ауыс. *Алалау, даралау, ерекшелеу, жікке бөлу.*

**БӨЛІП-ЖАРУ** *Бөліп-жар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліп қарастыру, бөлшектеу.* **2.** ауыс. *Алалау, жікке бөлу.*

**БӨЛІП-ЖАРУШЫЛЫҚ** зат. *Алалаушылық, жікке бөлушілік.*

**БӨЛІП-ЖАРЫП** үст. **1.** *Бөліп, бөлшектеп.* **2.** ауыс. *Даралап, ерекшелеп, жеке-жеке алып.*

**БӨЛІС** зат. **1.** *Бір нәрсені бөлу мәселесі.* **2.** *Бөлінген нәрседен тиетін үлес.* **3.** экон. *Қоғамдық өнімді ұдайы өндірудің өндіріс пен тұтынуды байланыстырып тұратын сатысы.*

**Бөліске түсті.** *Ортаға түсті, бөлінді.*

**БӨЛІС=** ет. **1.** *Бөліп беру, ортақ ету.* **2.** *Өзара келісіп бөліп алу.* **3.** *Келісіп ара-жігін, шегін ажырату.* **4.** *Қайғы, ауыртпалық, қуаныш т.б. бірге көру, ортақтасу.*

**БӨЛІССІЗ** сын. *Ешкіммен бөліспей-ақ, талассыз.*

**БӨЛІСТІ** сын. жерг. *Тиісті, бөлініп берілген.*

**БӨЛІСТІР=** ет. *Бөліп бергізу, бөлгізу, бөліп тараттыру.*

**БӨЛІСТІРУ** *Бөлістір етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛІСТІРІЛ=** ет. *Бөлшектелу, бөліну.*

**БӨЛІСТІРІЛУ** *Бөлістіріл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨЛІСУ** *Бөліс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бөліп беру, ортақ ету.* **2.** *Қайғы, қуанышты, ауыртпалықты т.б. бірге көру, ортақтасу.*

**БӨЛІСУШІ** зат. *Бөліскен адам, бөлісу ісін істеуші.*

**БӨЛІСІЛ=** ет. *Бөліну.*

**БӨЛІСІЛУ** *Бөлісіл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨП-БӨЛЕК** сын. *Әжептәуір бөлек, мүлде бөлек, кәдімгідей-ақ басқа.*

**БӨПЕ** зат. **1.** *Сәбидің емшектегі кезі, нәресте.* **2.** *Кішкентай бала.*

**БӨПЕЖАН** зат. экспр. ***Бөпетай.***

**БӨПЕКЛІ** сын. көне. *Шашақты деген мағынада.*

**БӨПЕЛЕ=** ет. *Кішкентай сәбиді аймалау, жақсы көру.*

**БӨПЕЛЕТ=** ет. *Жиі балалы болу.*

**БӨПЕЛІ** сын. *Бөпесі бар; нәрестелі.*

**БӨПЕМ** зат. экспр. *Сәбиді әлдилегенде, жұбатқанда айтылатын қаратпа атауыш.*

**БӨПЕТАЙ** зат. экспр. *Бөпесін, кішкентай сәбиді еркелету, жақсы көру, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**БӨПЕШ** зат. экспр. *Кішкентай сәбиді еркелету, жақсы көру, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**БӨПІЛДЕТ=** ет. сөйл. *Мәшинені бип-бип дегізу, сигнал беру.*

**БӨПІЛДЕТУ** *Бөпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРГӨЗ** зат. өс. ***Бөрікөз.***

**БӨРГІМ** зат. өс. *Шөп аты.*

**БӨРДЕК** зат. көне. *Қымыз немесе шарап ашытатын торсық.*

**БӨРЕНЕ** зат. **1.** *Бұтақтары шабылып, қабығы аршылып, ұзындау етіп кесілген жуан*

*ағаш.* **2.** жерг. *Мәтке; үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белағаш; арқалық.*

**Бөренені бұтадай көрмеді.** *Еш қиналмады, күші тасып, дегеніне оңай жетті.*

**БӨРЕНЕДЕЙ** сын. **1.** *Бөрене сияқты, бөрене тәрізді.* **2.** ауыс. *Жуан, дәу.*

**БӨРЕНЕЛІ** сын. *Бөренеден жасалған, бөренесі бар.*

**БӨРЕНЕСІЗ** сын. **1.** *Бөренесі жоқ, бөренесі болмаған.* **2.** *Бөрененің қатысынсыз.*

**БӨРЕНЕТАСЫҒЫШ** зат. тех. *Бөренені қармап әрі берік ұстап тұратын, көлденең траверс пен шынжырдан, бірі айналдырғыш, екіншісі айналғыш қос блоктан (барабан мен жұлдызшадан) және іске қосатын станциядан тұратын, бөрене тасуға арналған механикалық құрал.*

**БӨРКІБІРЛІК** сын. *Әріптестік, замандастық, кәсібі бірлік.*

**БӨРЛЕ=** ет. *Жырымдау, аз-аздан алу.*

**БӨРЛЕУ** *Бөрле етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРЛІ** сын. сөйл. *Мөрі, таңбасы бар.*

**БӨРЛІГУ** *Бөрлік етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРЛІК=** ет. *Дүрлігу, дүркіреу, шулау.*

**Бөрліккен қойдай.** *Дүрлікті, бөліне қашты.*

**БӨРЛІКТІР=** ет. *Дүрліктіру, шулату.*

**БӨРЛІКТІРУ** *Бөрліктір етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРМАН** зат. жерг. *Әртүрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік.*

**БӨРТ**[1]**=** ет. **1.** *Дәнді дақылдардың суды бойына тартып алып, ісінуі.* **2.** *Бүршік ату, көктеу.* **3.** ауыс. *Томпию, томпақ болу.* **4.** ауыс. *Тамақты тоя жеп қызару, көңілі қош болу.* **5.** ауыс. *Маңғаздану, кеудесін көтеру, менменсу.* **6.** ауыс. *Семіру, жұмттай болу, толу.* **7.** ауыс. *Кенелу.*

**БӨРТ**[2]= ет. *Денеге (теріге) ұсақ бөрткен шығу.*

**БӨРТЕ** сын. *Көбінесе жылқы мен ешкіде болатын, боз араласқан көкшіл түс. // Бөз араласқан көкшіл түсті жылқы.*

**БӨРТЕ**ГҮЛ зат. өс. *Мамыргүл (әсемдік үшін өсіретін, 3-5 м-дей, қызғылт гүлді, хош иісті, мәдени бұта).*

**БӨРТЕЖУСАН** зат. бот. <лат. artemisia austriaca> *Сортаңды жерде өсетін кермек дәмді, ерекше иісі бар, бозғылт түкті жатаған өсімдік.*

**БӨРТЕК** сын. жерг. *Ойлы-қырлы, белес-белес (жер).*

**БӨРТЕК** зат. өс. *Ерте көктемде гүлдейтін эвфемир өсімдік.*

**БӨРТЕК-БӨРТЕК** сын. жерг. *Ойы-қыры көп.*

**БӨРТЕКІ: бөртекі жылқы**. *Тез болдырғыш, қара етті жылқы.*

**Бөртекі түйе**. *Көп жүруге жарамайтын, тез шаршағыш, болдырғыш түйе.*

**БӨРТЕЛЕУ** сын. *Аздап қана бөрте тартқан.*

**БӨРТЕҢ** сын. *Бөрте тартқан.*

**БӨРТЕШ** зат. сөйл. *Бөрте лақ.*

**БӨРТЕШІК** сын. сөйл. *Аздаған ойлы-қырлы (жер); бөртек.*

**БӨРТЕШІН** зат. *Көк бөрі.*

**БӨРТКЕН** зат. *Денеге қызарып шыққан тері ауруы; бөртпе.*

**БӨРТКЕНДЕЙ** сын. *Бөрткен сияқты, бөрткен тәрізді.*

**БӨРТКІШ** сын. *Бөртуге бейім, жақсы бөртетін.*

**БӨРТӨБЕ**[1] зат. саят. *Жылы суға салынған сүйексіз ет, құсқа берілетін жем.*

**БӨРТӨБЕ**[2] зат. жерг. *Бөртпе, ақжем.*

**БӨРТПЕ**[1] зат. тамақ. *Арпа, бидай, тарыны суға бөктіріп дайындалатын жеңіл тағам.*

**БӨРТПЕ**[2] зат. жерг. *Қиыршық тастар арасында төмен температура мен құрғақшылыққа бейімделген өсімдіктер.*

**БӨРТПЕ**[3] зат. саят. *Қыран құсқа беру үшін суға салып, қан-сөлінен айырған ет; ақ жем.*

**БӨРТПЕ**[4] зат. мед. вет. **1.** *Адамда, малда болатын жұқпалы ауру; індет.* **2.** мед. *Сыртқы ортаның әсерінен, кейде ішкі ағзалардың, жүйке жүйесінің қызметі бұзылуынан, сүзек т.б. сырқаттар әсерінен, сондай-ақ антибиотиктерді тым көп қолданғаннан, ағзаның аллергиялық реакциясынан теріде, шырышты қабатта бөртіп шығып, қышып, ауыртатын тері ауруы.*

**Бөртпе сүзек**. мед. <лат. turhus – сүзек, exanthema – бөртпе> *Денеге қызарған бөрткен шығатын жұқпалы ауру.* **Бөртпе шәлі.** *Жібек жіптен тоқылған шашақты орамал.*

**БӨРТПЕК** зат. сөйл. ***Бөртпе.***

**БӨРТПЕЛІ**[1] сын. *Бөрткіш, бөртуге бейім.*

**БӨРТПЕЛІ**[2] сын. *Басында бөртпе шәлісі бар.*

**БӨРТТІР=** ет. **1.** *Бөктіру.* **2.** *Қышыту, қызарту.*

**БӨРТТІРУ** *Бөрттір етістігінің қимыл атауы; бөктіру.*

**БӨРТТІРІЛ=** ет. *Бөктірілу.*

**БӨРТТІРІЛУ** *Бөрттіріл етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРТУ** *Бөрт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дәнді дақылдардың суды бойына тартып алып, ісінуі.* **2.** *Бөрткен шығу.*

**БӨРТІН=** ет. **1.** *Ісініп-кебіну, тырсылдау, жарылардай болу.* **2.** ауыс. *Ызаға булығу.* **3.** ауыс. *Қызару, қызарыңқыу.*

**БӨРТІНУ** *Бөртін етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРТІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Аздап бөрту, жаңадан бөрту.* **2.** ауыс. *Ашуы келу, ызалана бастау.*

**БӨРТІҢКІРЕУ** *Бөртіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРТІС=** ет. *Тамақты тоя жеп, шеміршек ату.*

**БӨРШЕК** зат. жерг. зоол. *Еділ мен Каспийде болатын көксеркенің жергілікті аты.*

**БӨРІ**[1] зат. **1.** *Қасқыр, серекқұлақ.* **2.** тар. *Түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы.* **3.** ауыс. *Қаныпезер, қанішер адам.* **4.** ауыс. *Тайсалмайтын, жаужүрек адам.*

**Бөрі айбат.** *Қаһарын тігіп, айбар білдіріп, сұс көрсетушілік.* **Бөрі бүлкек, бөкен жортақ.** *Бүлкілдеген тез жүріс, екпіндеген, сар желіс.* **Бөрі кеуде.** а) *Кеудесі кең, алдыңғы екі аяғы алшақ (ат).* ә) *Иықты, кең жауырынды (адам).* **Бөрі қабақ.** *Түксиген қалың қабақ.* **Бөрі құлақ.** *Тікірейген, ұшкір құлақ.* **Бөрі құрсақ**. *Бірде аш, бірде тоқ.* **Бөрі құрсақтанды**. *Ашықты, ас орнына жел жұтты, ашқұрсақ болды.* **Бөрінің [қасқырдың, көкжалдың] бөлтірігі.** стиль. *Жауыздан туған жауыз, сұм.* **Бөрі өңгерген лақтай**. *Дәрменсіз, шарасыз.* **Бөрі тиген қойдай.** *Шулады, азан-қазан болды.* **Бөрі ішік.** *Бөрінің терісінен істелген қалың, мықты, сапалы ішік.*

**БӨРІ**[2] зат. астр. <лат. lupus> *Аспанның оңтүстік бөлігіндегі шағын шоқжұлдыз.*

**БӨРІ**[3] зат. көне. *Ежелгі түрік қағандарының дербес жасағына берілетін атақ.*

**БӨРІАУЫЗ** зат. кәс. **1.** *Қысқаш.* **2.** *Ұста дүкенінде темірді қысып тұратын аспап.*

**БӨРІАЯҚ** зат. бот. <лат. lycopus> *Ерíндігүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**БӨРІБАСАР** зат. **1.** *Қасқыр алатын сырттан ит.* **2.** ауыс. *Ожар, даң кеуде, ұрда-жық.*

**БӨРІБҰРШАҚ** зат. бот. <лат. lupinus> *Кіндік тамырлы, сабағы жұмсақ, саусақ тәрізді салалы жапырақтары бар бұршақ тұқымдас өсімдік.*

**БӨРІГУ** *Бөрік етістігінің қимыл атауы.*

**БӨРІДЕЙ** сын. *Бөрі тәрізді, бөрі сияқты.*

**Бөрідей жаланды.** *Не істерін білмейаласұрды, күші қайнады.*

**БӨРІДЕЙІН** сын. фольк. ***Бөрідей.***

**БӨРІЖЕМІС** зат. өс. *Қасқыржидек (итшомырттың түрі, улы шөп).*

**БӨРІЖИДЕК** зат. өс. *Қасқыржидек.*

**БӨРІЖӨКЕ** зат. өс. ***Қасқыржидек.***

**БӨРІК**[1] зат. этн. **1.** *Елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп, матамен тысталып тігілген құлақсыз баскиім.* **2.** ауыс. *Таудың үстіңгі бөлігі.*

**Бөркі қара қазандай болды.** *Мақтанды, есірді.* **Бөркін алды**. *Құрмет көрсетті.* **Бөркін аспанға [көкке] лақтырды [атты].** *Қатты қуанды, шаттанды.* **Бөркін бастыра киді**. а) *Баскиімді, бөрікті басқа кептей басып киді*; ә) *Бір нәрсеге бекем бел буды, тәуекел етті.* **Бөркін жерге [алып] ұрды.** *Бір нәрсеге жеңілденіп, бел шешіп кірісті.* **Бөркін [малақайын] аспанға атты [лақтырды].** *Қатты қуанды, қуанышы қойнына сыймады, мәз-мейрам болды.* **Бөрік киген.** *Ер адам, еркек мағынасында.* **Бөрікпен ұрып алатын жер.** *Жақын жер, таяу маң.* **Бөрікпен ұрып жықты.** *Оңай жеңіске жетті.* **Бөрікті тастап бөріден құтылды**. *Жан сауғалады, қара басын құтқарды.*

**БӨРІК**[2]**=**ет. сөйл. ***Бөрлік*** *(дүрлігу, шулау, дүркіреу).*

**Бөріккен қойдай.** сөйл. ***Бөрліккен қойдай.***

**БӨРІКБАС** зат. бот. *Биік болып өсетін өсімдіктердің (ағаш, бұта т.б.) жоғарғы дөңгеленіп қауқиған жағы.*

**БӨРІКГҮЛ** зат. өс. <лат. cynara> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көкөністік дақыл.*

**БӨРІКӨЗ** зат. бот. *Таулы аймақта өсетін бұталардың бірі; борköз.*

**БӨРІКСІЗ** сын. *Бөркі жоқ, бөрік кимеген.*

**БӨРІКТАСТАМ: бөріктастам жер.** этн. *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**БӨРІКТАСТАМАҚ** зат. ойын. *Жастар дөңгелене отырып ойнайтын ұлттық ойын.*

**БӨРІКТЕЙ** сын. **1.** *Бөрік сияқты үлкен, қомақты.* **2.** ауыс. *Кішкентай, шағын.* **3.** ауыс. *Қалың, қомпиған (шаш).*

**Бөріктей ұшты.** *Жалп етті, ұшып түсті.*

**БӨРІКТЕН=** ет. *Бөрікке ұқсау.*

**БӨРІКТЕППЕЙ** зат. ойын. *Балалардың ойынға арналған бөрікті кезектесіп теуіп ойнайтын ойыны.*

**БӨРІКТІ** сын. *Басына бөрік киген, бөркі бар. // Ер адам, еркек мағынасында.*

**БӨРІКТІК** сын. *Бөрік боларлық, бөрік тігуге жарарлық.*

**БӨРІКТІР=** ет. *Үркіту, қорқыту.*

**БӨРІКТІРУ** *Бөріктір етістігінін қимыл атауы.*

**БӨРІКШЕ**[1] зат. экспр. ***Бөрікбас.***

**БӨРІКШЕ**[2] үст. *Бөрікке ұқсап, бөрік сияқты.*

**БӨРІКШЕЛЕ=** ет. сөйл. *Бөрік тәрізді етіп орау.*

**БӨРІКШІ** зат. *Бөрік тігетін адам.*

**БӨРІҚАРАҚАТ** зат. бот. <лат. berberis> *Биіктігі 3–4 метрдей жемісі майда, әрі ащы бұта.*

**Бөріқарақат тұқымдасы.** өс. <berberidaceae> *Қос жарнақтылар тобына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, мәңгі жасыл бұталар.*

**БӨРІ-ҚАРЫ** зат. *Қасқыр т.б. жалпы атауы.*

**БӨРІҚҰЛАҚ** зат. қолөнер. *Қасқырдың құлағына ұқсастырып жасалған өрнек немесе ою.*

**БӨРІЛІ** сын. *Бөрісі бар, бөрісі мол.*

**Бөрілі байрақ.** этн. тар. *Ежелгі түркі қағандарының (хандарының) алтын басты қасқыр бейнесіндегі туы.*

**БӨРІЛІК** зат. **1.** *Бөріге тән қасиет.* **2.** ауыс. *Жыртқыштық, айуандық.*

**БӨРІОЙНАҚ** зат. *Қасқырлардың ұйлығар кездегі асыр салып ойнауы.*

**БӨРІСІЗ** сын. *Бөрісі жоқ.*

**БӨРІТАРАҚ** зат. бот. <лат. hibiscus> *Құлқайыр тұқымдасына жататын біржылдық гүлді өсімдік.*

**БӨРІТІС** зат. зоол. <лат. zycodon striatus> *Усыз сарбас жыландардың бір туысы.*

**БӨРІШЕ** үст. *Бөрі тәрізді, бөріге ұқсап.* **Бөріше талады.** *Жан-жақтан бас салды, жұлма-жұлмасын шығарды.* **Бөріше шулады.** *Жан-жақтан, жапа-тармағай шулады.*

**БӨС=** ет. экспр. *Асыра сілтеп мақтану, лепіру, көпіру.*

**БӨСЕРБАЙ** зат. қарап. *Мақтанып, лепіріп өтірік соғатын адам.*

**БӨСЕРБАЙЛЫҚ** зат. *Өтірік соғушылық, мақтанушылық.*

**БӨСПЕ** сын. *Өтірікті қосып айтатын көпірме, мақтаншақ (кісі).*

**Бөспе сөз.** *Лепірме сөз, көпірме бос сөз; өтірік.*

**БӨСПЕЛІК** зат. *Бөспе болушылық, мақтаншақтық, лепірушілік.*

**БӨСТЕК**[1] зат. қолөнер. *Жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі т.б. терісінен жасалған жұмсақ төсеніш.*

**БӨСТЕК**[2] сын. жерг. *Жүні көтерілмеген арық, нашар (мал).*

**БӨСТЕКТЕЙ** сын. *Бөстек сияқты, бөстек тәрізді.*

**БӨСТЕКІ** сын. **1.** *Бетімен бос жүрген.* **2.** *Мақтаншақ, лепірме.*

**Бөстекі тілек.** *Бос сөз.*

**БӨСТІРТ=** ет. *Өтірік соқтырту, лепірту, мақтандыру.*

**БӨСТІРТУ** *Бөстірт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨСУ** *Бөс етістігінің қимыл атауы; мақтану, лепіру, өтірік айту.*

**БӨСІР** зат. **1.** <лат. enteron – ішек, bios – өмір> *Адамның тік ішегінде өсіп-өнетін жұмыр ақ құрт, аскарида.* **2.** мед. вет. *Жұмыр ақ құрттың қоздыратын ауруы, аскаридоз.*

**БӨСІРҚҰРТ** зат. .зоол. ***Бөсір.***

**БӨСІРМЕ** зат. *Қойдың құйрығының асты.*

**БӨТЕГЕ** зат. **1.** анат. *Құс өңешінің түбін ала біткен мырыш дорба тәрізді саят құстары үшін қосалқы жем сауыты бола алатын жұмыршақ қарын.* **2.** ауыс. эксп. *Адамның қарны, асқазаны.*

**БӨТЕГЕЛІ** сын. *Төсі шығыңқы, төсті.*

**БӨТЕКЕ** зат. сөйл. **1.** ***Бөтеге.*** **2.** жерг. ***Бүйрек.***

**Бөтеке май.** жерг. *Бүйрек май.*

**БӨТЕКЕДЕЙ** сын. жерг. *Бөтеке сияқты, бөтеке тәрізді.*

**БӨТЕЛЕК** зат. жерг. *Бір басын мәткеге, екінші басын керегеге сүйеп, жиі етіп қойылатын жіңішкелеу ағаш.*

**БӨТЕЛКЕ**[1] [поляк. butelka] зат. **1.** *Сұйық зат құю үшін арнайы жасалған шыны ыдыс; шөлмек, шыны, шиша.* **2.** ауыс. *Арақ, ішімдік.*

**Бөтелке шам.** *Пілте шамға шыны орнына түбі кесілген бөтелке қолданылатын шам.*

**БӨТЕЛКЕ**[2] зат. кәс. *Кішкене қайық.*

**БӨТЕЛКЕЛЕ=** ет. *Бөтелкеге құю.*

**БӨТЕЛКЕЛЕС**[1] сын. эксп. *Арақты бірге ішетін (адам).*

**БӨТЕН**[1] сын. **1.** *Жат, бөгде, бейтаныс.* **2.** *Басқа, өзге.* **3.** *Ерекше, өзгеше, айрықша.* // жерг. *Өтірік.*

**Бөтен біреу**. *Жат жан, басқа біреу.* **Бөтен көрмеді**. *Жат санамады, бөтенсінбеді.* **Бөтен ой.** *Басқа ой, жат ой, бөгде ой.* **Бөтен сөз**. а) *Басқа сөз.* ә) *Айтылған ойға қатысы жоқ, жай, әншейін сөйленген сөз.* б) *Басы артық сөз.*

**БӨТЕН**[2] сөйл. *Басқа, өзге.*

**БӨТЕН**[3] [ор. пумина ] зат. жерг. *Маусым, мерзім.*

**БӨТЕНАЛА** сын. *Бөгде, артық; өзгеше басқаша.*

**БӨТЕН-БАСТАҚ** сын. **1.** *Басқа, өзге, бөгде.* **2.** *Басы артық, бөтен.*

**БӨТЕН-БӨГДЕ** сын. *Жат, басқа біреу.*

**БӨТЕНДЕЙ** сын. *Басқадай , өзгелей.*

**БӨТЕНДЕУ** сын. *Басқашалау, өзгешелеу.*

**БӨТЕНДІК** зат. **1.** *Жаттық, бөгделік.* **2.** *Бейтаныстық, таныс еместік.*

**БӨТЕН-ЖАРАН** зат. *Бөтен адам, бөгде біреу.*

**БӨТЕН-САЛАҚ** үст. сөйл. *Басы артық, бөтен.*

**БӨТЕН-САТАН** сын. жерг. *Басқа, өзге, басы артық.* // *Жат, бөгде адам.*

**БӨТЕНСУ** ет. *Бөтенсі етістігінің қимыл атауы; жат көру; жатырқау.*

**БӨТЕНСІ=** ет. *Жатсыну, бөтен санау.*

**БӨТЕНСІН=** ет. *Бөтен көру, жатсыну.*

**БӨТЕНСІНУ** *Бөтенсіну етістігінің қимыл атауы.*

**БӨТЕНСІРЕ=** ет. *Бөтенсу, жатырқау, жатсыну.*

**БӨТЕНСІРЕТ=** ет. *Жат санау, бөтен санау.*

**БӨТЕНСІРЕТУ=** ет. *Бөтенсірет етістігінің қимыл атауы.*

**БӨТЕНСІРЕУ** *Бөтенсіре етістігінің қимыл атауы; жатсыну, бөтенсіну.*

**БӨТЕНСІТ=** ет. *Жатырқау, жатсыну.*

**БӨТЕНСІТУ** *Бөтенсіт етістігінің қимыл атауы.*

**БӨТЕНШЕ** үст. **1.** *Бөтенге ұқсап, жат адамша.* **2.** ауыс. *Ерекше, айырықша.*

**БӨТЕНШІЛІК** зат. *Жаттық, бөгделік.*

**БӨШКЕ** ор. [бочка] зат. **1.** *Сұйық зат құю үшін темірден белдеу салып жасалған үлкен ағаш ыдыс.* **2.** ауыс. *Тамақты көп ішетін, мешкей.*

**БӨШКЕ-БӨШКЕ** сын. *Бірнеше бөшке, бөшкесімен.*

**БӨШКЕБАЙ** зат. қарап. *Тамақты көп ішетін, бөшкедей адам.*

**БӨШКЕДЕЙ** сын. **1.** *Бөшке сияқты, бөшке тәрізді.* **2.** ауыс. *Домаланған, кеспелтек.*

**БӨШКЕЛЕ=** ет. *Бөшкесімен, бөшке-бөшке қылып.*

**БӨШКЕЛЕУ** *Бөшкеле етістігінің қимыл атауы; бөшкеге құю.*

**БӨШКЕЛІ** сын. *Бөшкесі бар, бөшке тиеулі.*

**БРАБАНСОН** зат. малшар. *Ауыр жүк тартатын жылқы тұқымы.*

**БРАДИКАРДИЯ** [грек. bradys – баяу, kardia – жүрек] зат. мед. *Жүректің баяу соғуы.*

**БРАЙЛЬ: брайль дисплейі.** [ағыл. braille tactile display] инф. *Көзі көрмейтін адамдарға арналған түйіршіктер жиынынан тұратын компьютерлік ақпаратты оқу құрылғысы.*

**БРАК** [нем. Brack] зат. *Өндірістегі, шаруашылықтағы бүлінген, сапасыз, жарамсыз өнім.* // *Жарамсыз, көтерем, арық.*

**Бракқа шығару.** малшар. *Табынның сапасын (өнімін, тұқымдық құндылығын т.б.) жақсарту үшін жыл сайын тұқымға не шаруашылық қажетке жарамсыз малды бөлу.* **Бракқа шығарылды.** малшар. *Тұқымға не шаруашылық қажетке жарамсыз деп танылды.* **Бракқа шықты.** *Сапасыз, жарамсыз деп табылды.*

**БРАКЕРАЖ** [нем. Brack] зат. экон. *Сапасын, пайдалануға жарамдылығын белгіленген стандарт пен келісімге сәйкестігін анықтау мақсатымен ресми мамандардың (брокерлердің) тауарды куәландыруы.*

**БРАКОНЬЕР** [франц. braconnier] зат. *Тыйым салынған жерлерде заңсыз аң аулаушы, табиғат байлығына зиян келтіруші адам.*

**БРАКОНЬЕРЛІК** зат. *Заңсыз, рұқсатсыз аң, құс, балық аулаушылық; оларды қырып-жоюшылық.*

**БРАНДМАУЭР** [нем. Brandmauer, Brand – өрт, Mauer – қабырға] зат. **1.** *Үйдің қабырғасын тұтас жауып тұратын жарнамалық қалқан.* **2.** инф. *Желіге сырттан қосылуына және желіден шығатын немесе желіге келіп түсетін мәліметтердің бақылануына жол бермеуге арналған ақпараттық-программалық құралдар жинағы.*

**БРАНЛЬ** [франц. branle] зат. *Халық арасында пайда болған, бірақ XV–XVI гг. ақсүйектер билеген би.*

**БРАСА** зат. *Португалиядағы және Латын Америкасындағы 1,7 ден 2,2 м. дейінгі аралықты құрайтын ұзындық бірлігі.*

**БРАСС** [франц. brasse] зат. спорт. *Аяқ пен қол бір мезгілде симметриялы түрде қимылдайтын жүзу әдісі.*

**БРАСШЫ** зат. спорт. *Брасс шебері.*

**БРАУЗЕР** [ағыл. browser] зат. инф. *Компьютерлік желідегі ақпаратты дисплей арқылы көруге мүмкіндік беретін программа, ғаламтор-браузер.*

**БРАУЛЕЗ** зат. *Араның инвазиялық кеселі.*

**БРАУНИНГ** [ағыл. Browning] зат. әск. *Қалтаға салып жүретін автоматты тапанша (пистолет).*

**БРАУНИТ** зат. геол. *Түсі қара қоңғырт, қатты минерал.*

**БРАУТ: браут ережесі.** спорт. *Қазіргі бокстың 1743 жылы 10 тамызда алғаш рет қолданылған ережесі.*

**БРАХИКЕФАЛ** зат. мед. *Бассүйектің кішірейуі, брахикефалия ауруына шалдыққан адам.*

**БРАХИКЕФАЛИЯ** [грек. brachys – қысқа, kephale – бас] зат. мед. *Бассүйектің аномалді кішкентай пішінде болуы.*

**БРАХИҚАТПАРЛАР** зат. геол. *брахискладки*

**БРАХИОЛЯРИЯ** зат. *Теңіз жұлдыздарының дернәсіл даму сатысы.*

**БРАХИОПОДТАР** [грек, brachion – қол, иық, podos – аяқ] зат. биол. *Қармауыштылар типінің теңіз жәндіктер класы; су алаптары түбінде жабысып тіршілік ететін қосжармалы-симметриялы жәндіктер.*

**БРАХИЦЕФАЛ** зат. Моңғолдар, *түркілер, қытайлар тақылеттес домалақ басты нәсіл.*

**БРАХМА** санскр. зат. *Брахманизм мен индуизмнің басты үш құдайының бірі.*

**БРАХМАН** зат. **1.** филос. *Барлық заттардың негізі – өзіндік ерекшелігі жоқ, сипатсыз, сапасыз абсолют зат деп білетін үнді философиясындағы ұғым.* **2.** діни. *Үнді жұртшылығындағы касталық топ.*

**БРАХМАНДАР** зат. *Ведалардың негізгі бөлімдерінің бірі болып табылатын жазбалар.*

**БРАХМАНИЗМ** зат. діни. ***Брахманшылдық.***

**БРАХМАНШЫЛДЫҚ** зат. *Брахмандар ұстанатын сенімнің ғылыми атауы. О дүниемен салыстырғанда адам өмірінің өткінші екендігі және оның мәнсіздігі туралы идеялар басты орын алған діни философия.*

**БРАХМИ: брахми жазуы**. лингв. *Үндінің солдан оңға қарай жазылатын буындық жазуының ең көне екі түрінің бірі.*

**БРАХИОЗАВР** зат. зоол. *Алдыңғы аяқтары мен мойны ұзын болып келетін юр кезеңіндегі орасан зор динозавр.*

**БРЕЗЕНТ** [голл. presenning] зат. *Су өткізбейтін, тығыз, әрі қалың кенеп. // Брезенттен істелген.*

**БРЕЙК** [ағыл. brear] зат. 1. *Брейк-данс бидің бір түрі.* **2.** спорт. *Бокста айқасты тоқтату бұйрығы.*

**БРЕЙК-АУТ** зат. әск. *Әскери тепе-теңдікті өзгерту мақсатында қаруды бастырмалата орналастыру жолымен каруланудь бақылау туралы келісімді бұзу немесе кенеттен ұзу.*

**БРЕЙК-ГРАУНД** зат. спорт. *Қарсыластың қарқынды шабуылынан құтылып оның соққылары дарымайтын маңға тез шығу талабы қойылатын сәт.*

**БРЕЙКЕР** зат. кәсіп. *Брейк биін билеуші.*

**БРЕНД** [ағыл. brand] зат. *Маркетингте компания, өнім немесе қызмет түрі туралы символды ақпарат кешені, заманауи, тез танылатын бәріне белгілі заңмен қорғалған тауар символикасы.*

**БРЕКЦИЯЛАР** [итал. breccia] зат. геол. *Мөлшері 10 мм және одан да ірі ұшкір кесектерден және оларды жымдастырушы ұсақ бөлшектерден тұратын таужыныстылар.*

**БРЕМСБЕРГ** [нем. Bremsberg] зат. тех. *Көлбеу (еңкіш) жазықтықта рельсті жолдармен, вагонеткалармен жүк тасу үшін жасалған құрылыс.*

**БРЕНДИ** [ағыл. brandy] зат. *Жүзім шарабы, жеміс-жидек ашымығы сияқты өнімдердің жалпы атауы, алкогольдік ішімдік.*

**БРЕНДИ** зат. тамақ. *Кез келген жемістен алынған күшті спирттік ішімдік.*

**БРЕШКЕ** [ор. бричка] зат. жерг. *Үлкен арба, жүк арбасы.*

**БРИАР** [франц. briard] зат. зоол. *Ұзын жүнді иттер тұқымының бір түрі.*

**БРИГ** [ағыл. brig] зат. балықшар. *Жүк сыйымдылығы 200-400 тонна екі діңгекті теңізде жүретін жел кеме.*

**БРИГАДА** [франц. brigade] зат. **1.** *Белгілі бір (ауылшаруашылық, өндірістік) жұмыс түрін орындаушы адамдар тобы.* **2.** сөйл. *Сол топтың орналасқан жері; қос деген мағынада.* **3.** әск. *Бірнеше батальон не полктен құралған әскери бөлім, құрама.*

**БРИГАДАЛЫҚ** сын. *Бригадаға тән, бригадаға қатысты.*

**БРИГАДИР** [нем. Brigadier] зат. сов. *Бригада бастығы, топты ұйымдастырушы, басқарушы.*

**БРИГАДИРЛІК** зат. *Бригадир болушылық, соның міндетін атқарушылық.*

**БРИГАНТИНА** [итал. brigantino] зат. *Қос діңгекті, желкенді, тез жүретін жеңіл кеме.*

**БРИДЕР-РЕАКТОР** зат. әск. *Өндіру кезінде ядролық энергияны сіңіруге қарағанда ядролық отынды көбірек шығаратын реактор.*

**БРИДЖИ** [ағыл. breeches] зат. *Тізеден төмен жағы тарлау етіліп, жұқа матадан, балағы балтырдың тұсынан аяқталып тігілген шалбар.*

**БРИЗ** [франц. brise] зат. *Теңіздің, үлкен көлдер мен өзендердің жағалауында байқалатын тәулік ішінде бағытын өзгертіп отыратын жел.*

**БРИЗОЛЬ** зат. тамақ. *Жұқалап ұрғыланған, не тартылған ет жұмыртқаға аунатылып, майға қуырылып дайындалатын тағам.*

**БРИКЕТ**[1] [франц. briquette] зат. *Престеліп, кірпіш сияқты қатырылған құрама азық.*

**БРИКЕТ**[2] зат. *Төрт бұрыштап текшелеп байланған не қатырылған минерал.*

**БРИКЕТТЕ=** ет. *Брикет жасау, престеу.*

**БРИКЕТТЕЛ=** ет. *Брикет жасалу, престелу.*

**БРИКЕТТЕТ=** ет. *Бір нәрсені престеу, кірпіш сияқты қатыру.*

**БРИКЕТТЕТУ** *Брикеттет етістігінің қимыл атауы.*

**БРИКЕТТЕУ** *Брикетте етістігінің қимыл атауы.*

**БРИЛЛИАНТ** [франц. brilliant] зат. мин. *Тегістеліп қырланған, өңделген зергерлік алмас. // Өңделген зергерлік алмастан жасалған.*

**БРИЛЛИАНТТАЙ** сын. **1.** *Бриллиант тәрізді, бриллиант сияқты.* **2.** ауыс. *Асыл, қымбат, таңдаулы.*

**БРИОЛОГИЯ** [грек. bryon – мүк, logos – ілім] зат. биол. *Ботаника ғылымының мүкті зерттейтін саласы.*

**БРИФ** зат. инф. *Жарнама бизнесінде: жарнаманы жасап шығару және оны орналастыру жағдайлары туралы қысқаша баяндама.*

**БРИФИНГ** [ағыл. briefing] зат. *Белгілі бір мәселеге байланысты үкіметтің, ресми ведомствоның және т.с.с. тұғыры айтылатын немесе халықаралық келіссөздер мен екі жақтың көзқарастары туралы ақпарат берілетін қысқаша пресс-конференция.*

**БРИЧКА** ор. зат. *Адам тасуға арналған төрт дөңгелекті жеңіл арба.*

**БРОД** зат. балықшар. *Өзеннің жаяу немесе көлікпен өтуге қолайлы саяз жері; өткел.*

**БРОЙЛЕР** [ағыл. broiler] зат. *Ет үшін өсірілетін ірі тұқымды құс, балапан.*

**БРОКЕР** [ағыл. broker] зат. экон. *Қор және тауар биржаларында, валюта рыноктарында, валюта, құнды қағаздар т.б. құндылықтарды сатушылар мен алушылар арасында мәміле жасасу кезінде арада жүретін ресми делдал (жеке адам немесе фирма).*

**БРОКЕРАЖ** [ағыл. brokerage] зат. экон. *Биржада акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды олардың иесінің немесе болашақ иесінің тапсыруы бойынша сатып алу немесе сату.*

**БРОКЕРИДЖ** зат. экон. *Брокер алатын сыйлық ақы.*

**БРОКЕРЛІК** сын. *Брокерге тән, соған қатысты.*

**Брокерлік комиссия**. экон. *Клиенттердің тапсыруы бойынша базарлардың бірінде саудасаттық жасағаны үшін олардан брокерлерлігі және ұсыныс-кеңестері үшін алатын ақы.* **Брокерлік қауымдастық.** экон. *Клиенттердің тапсырмаларын бірлесіп орындау үшін биржаға мүше брокерлердің ресми түрде тіркелген бірлестігі.* **Брокерлік линия.** Банктегі дилер бөлмесі мен брокерлік кеңсе арасындағы тікелей телефон байланысы. **Брокерлік несие.** экон. *Брокерлердің түрлі мақсаттар үшін банктерден не басқа брокерлерден қарызға алатын ақшалай сомасы.* **Брокерлік операциялар.** экон. *Бағалы қағаздарды немесе тауарларды сатып алу-сату жөніндегі делдалдық операциялар.* **Брокерлік орын**. экон. *Белгілі бір биржаға мүшелікке өтуге және сол биржада саудагерлік операцияларға қатысуға берілген құқық.* **Брокерлік өкілдіктер**. экон. *Биржалық операциялар үшін коммерциялық банкілер жанынан ашылатын делдалдық өкілдіктер.* **Брокерлік фирма.** *Сауда, биржа операцияларын жүргізу кезінде делдалдық, қызметтерді бірлесіп көрсету үшін құрылған бірнеше брокерлердің ресми бірлестігі – биржаның немесе банктің брокерлік өкілдігі, брокерлік қауымдастық.*

**БРОМ** [грек. bromos] зат. **1.** хим. *Галогендер тобына жататын химиялық элемент; қызыл күрең түсті, өткір иісті сұйықтық.* **2.** мед. *Ауырған адамды тыныштандыратын, ауруды басатын дәрі ретінде қолданылатын бромды қоспа.*

**Бром [йод] саны.** хим. *Көмірсутектер мен олардың туындыларындағы қанықпаған байланыстар мөлшерінің сипаттамасы.* **Бром суы.** хим. *Бромның судағы ертіндісі.*

**БРОМБЕНЗОЛ** зат. хим. *Түссіз ауыр сұйық зат; бром мен бензолдың қоспасы.*

**БРОМДА=** ет. *Бір нәрсеге бром қосу, бром араластыру.*

**БРОМДАН=** ет. *Бромға айналу, бромды қоспа түзу.*

**Бромданған су.** хим. *Химиялық құрамындағы бромның мөлшері 25 мг/дм*$^3$*-ден артық, шипалық қасиеті бар табиғи су.*

**БРОМДАНУ** хим. *Бромдан етістігінің қимыл атауы.*

**БРОМДАУ** хим. *Бромда етістігінің қимыл атауы.*

**БРОМДЫ** сын. хим. *Бром қосылған, құрамында бром элементі бар.*

**Бромды калий**. хим. *Бром мен калийдың қосылысы.* **Бромды натрий.** хим. *Бром мен натрийдың қосылысы.* **Бромды сутек.** хим. *Бром мен сутектің қосылысы; түссіз газ.* **Бромды сутек қышқылы.** хим. *Бромды сутектің судағы ерітіндісі.*

**БРОМИД** [грек. eidos] зат. хим. *Бромның басқа элементтермен химиялық қосылысы, яки, бромды сутек қышқылының тұзы.*

**БРОН** зат. **1.** *Танктерді, бронепоездарды, автомашиналарды оқ өтпес үшін қаптайтын құрыш болат.* **2.** *Оқ өтпеу үшін қапталған құрыш болатты әскери техника.*

**БРОНДА=** ет. *Бронмен қаптау, оқ өтпестей ету.*

**БРОНДАЛ=** ет. әск. *Бір нәрсенің оқ өтпестей етіп қапталуы.*

**БРОНДАЛУ** *Брондал етістігінің қимыл атауы.*

**БРОНДАУ** *Бронда етістігінің қимыл атауы; бронмен қаптау.*

**БРОНДЫ** сын. *Бронмен қапталған, брондалған.*

**Бронды транспортер.** әск. *Мотоатқыштар бөлімшелерін тасымалдауға, ұрыс кезінде оларды атыс қару-жарағымен демеуге арналған, дөңгелекті не шынжыр табанды, оқ өтпейтін, әскери жүрдек мәшине.*

**БРОНЕБОЙЩИК** ор. зат. әск. *Брон тескіш қарулармен оқ ататын адам, атқыш.*

**БРОНЕВИК** ор. зат. әск. *Бронмен қапталып, соғыс құралдарымен жабдықталған, барлауға, күзетке, байланысқа арналған автомобиль.*

**БРОНЕЖИЛЕТ** зат. *Оқ өтпейтін, арнайы қарулы операцияларда киетін жилет.*

**БРОНЕКАТЕР** зат. әск. *Соғыс әрекеттеріне арналып, бронмен қапталған әскери, катер.*

**БРОНЕМӘШИНЕ** зат. әск. *Доңғалағы шынжыр табанды болып келетін, брондалған, қару-жарақ тасуға, барлауға, патруль жасауға арналған әскери мәшине.*

**БРОНЕНОСЕЦ** ор. зат. әск. сов. *Қару-жарақ таситын бронмен қапталған үлкен соғыс кемесі.*

**БРОНЕПОЙЫЗ** ор. зат. әск. *Әскери қару-жарақ таситын бронды пойыз.*

**БРОНЕПОЙЫЗШЫ** зат. *Бронепойызда жұмыс істеуші.*

**БРОНЕТАНК** зат. әск. *Бронмен қапталған танк.*

**БРОНЕТРАНСПОРТЕР** зат. әск. ***Бронды транспортер*** *(жаяу әскер мен оқ-дәрі тасуға арналған, бронды автокөлік).*

**БРОНТОТЕРИЙ** [грек. bronte – күн күркіреу, therion – аң] зат. зоол. *Тақ тұяқтылар отрядына жататын, бұдан шамамен 30-60 млн. жылдар бұрын тіршілік еткен сүтқоректілер тұқымдасының бірі.*

**БРОНЕТЕХНИКА** зат. әск. *Оқ өтпейтін соғыс техникасы.*

**БРОНХ** [грек. bronchos] зат. анат. *Кеңірдектің өкпеге түйіскен жеріндегі екіге бөлініп, тарамдалған тыныс жолы.*

**Бронх демікпесі.** мед. *Адамды мезгіл-мезгіл булықтырып, тынысын тарылтатын аллергиялық ауру.*

**БРОНХИОЛ** зат. анат. *Бронхтың ең жіңішке тармақшалары.*

**БРОНХИТ** зат. мед. *Қолқаның қабынуы салдарынан болатын ауру.*

**БРОНХИМИКОЗ** зат. зоол. *Тұқы тұқымдас балықтардың желбезек қауырсыны арасына паразиттер ұялайтын, қан тамырларына жайылатын және балықты әлсіретіп өлтіретін ауру.*

**БРОНХОАДЕНИТ** [грек. bronchos – тамақ, aden – без] зат. мед. *Кеңірдек пен бронхтарға жанаса жатқан лимфа түйіндерінің қабынып ісуі.*

**БРОНХОГРАФИЯ** [грек. bronchos – тамақ, grapho – жазамын] зат. мед. *Бронхты рентгенге түсіру әдісі.*

**БРОНХОПНЕВМОНИЯ** зат. мед. вет. *Бронх пен өкпе талшықтарының қабынып ауруы.*

**БРОНХОСКОПИЯ** зат. мед. *Арнайы оптикалық аспапты ауыз арқылы жүттырып, адамның дем алу ағзаларын зерттеу әдісі (эндоскопияның бір түрі).*

**БРОНХЭКТАЗ** [грек. bronchos – тамақ, ektasis – кеңею] зат. мед. ***Бронхоэктазия.***

**БРОНХОЭКТАЗИЯ** зат. мед. *Ұзақ уақыт қабынудың салдарынан бронх пен бронх тармақшаларының шамадан тыс кеңейіп, өз қалпына келе алмайтындай жағдайға ұшырауынан болатын ауру.*

**БРОНХЫ** зат. сөйл. ***Бронх.***

**БРОНЬ** зат. **1.** *Белгілі бір мақсатпен сақталынатын арнаулы орын.* **2.** *Белгілі бір адамды (нәрсені) бір жерге (мекемеге) тіркеп не бекітіп қою құқығы, құжат.*

**БРОУЗЕР** [ағыл. browser] зат. инф. **1.** *Гипермәтіндік байланысу мүмкіндігі бар файлдармен жұмыс істеуге арналған программа.* **2.** *Желіде жұмыс істеуге арналған қосымша программалық жасақтама.* **3.** *Web беттерін қарап шығуға арналған құрал.*

**БРОУНДЫҚ**: **броундық қозғалыс.** хим. *Сұйықтың я газ молекулаларының тәртіпсіз, үздіксіз қозғалысы.*

**БРОШАНТИТ** зат. хим. *Сульфаттар класының минералы.*

**БРОШЮРА** [франц. brochure] зат. **1.** *Қабы жұқа, бет саны онша көп емес (әдетте 48 бетке дейін) кітапша.* **2.** *Жеке кітапша болып шығарылатын қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік немесе әдістемелік сипаттағы шағын туынды, басылым.*

**БРОШЮРАЛА=** ет. *Қандай да бір басылымның шығарылған беттерін бет санына сәйкес тігу.*

**БРОШЮРАЛАУ** зат. полигр. *Полиграфиялық өндірісте шыққан парақтарды кітапшаға айналдыратын процесс.*

**БРУДЕР** [ағыл. brood] зат. құсшар. *Инкубатордан шыққан ақ ұрпек балапан тұрған қораға жылу таратқыш қондырғы.*

**БРУДЕРСІЗ** сын. құсшар. *Брудердің қатысынсыз; брудер болмаса.*

**БРУКСИЗМ** зат. мед. *Ұйықтап жатқан кезде тісті қышырлату.*

**БРУС** зат. құрылыс. **1.** *Құрылысқа пайдалану үшін, ені мен қалыңдығы 10 см-дей төрт қырлы тілінген ағаш материал.* **2.** *Үстінен жүріп өту үшін қойылған, астында тірегі бар қырлы бөрене.*

**БРУСИТ** зат. геол. *Гидроксидтер класына жататын минерал. Химиялық формуласы –* $M_g(OH)_2$.

**БРУСТВЕР** [нем. Brustwehr] зат. әск. *Қорғаныс үшін қазылған ордың кенересіне үйілген топырақ.*

**БРУСЬЯ** зат. спорт. *Мықты, берік қадаларға екі сырық (сырғауыл) параллель бекітілген гимнастика жабдығы.*

**БРУТ** зат. көне. *Қалмақтар, қытайлар қолданған қырғыз халқының ертедегі бір атауы.*

**БРУТТО** [итал. brutto] зат. **1.** *Заттың (жүктің, тауардың) сыртқы қабымен немесе қорабымен қоса есептегендегі барлық салмағы.* **2.** сушар. *Су көзінен алынған судың толық көлемі, жолда жоғалған суларды қоса есептегендегі су көлемі.*

**Брутто мөлшерлеме.** экон. *Сақтандыру бойынша төлемдердің тарифтік мөлшерлемесі.*

**БРУТТО-БАҒА** зат. *Заттың ыдысымен бірге салмағының бағасы (шегерусіз баға).*

**БРУЦЕЛЛ** [ағыл. brucella] зат. вет. *Бруцеллёз ауруының микробтары.*

**БРУЦЕЛЛЁЗ** [итал. brucellosis] зат. мед. вет. *Малда, адамда болатын буын, сүйек, жүйке жүйелері зақымдалатын созылмалы, жұқпалы ауру, сарып.*

**БРУЦЕЛЛЁЗДІ** сын. *Бруцеллёз ауруы бар, бруцеллёз ауруы тараған.*

**БРУЦЕЛЛИЗАТ** зат. вет. *Бруцеллёзге қарсы қолданылатын дәрі.*

**БРЫНЗА** [румын. brinza] зат. тамақ. *Қой мен ешкі сүтін ұйыту, ақ ірімшікке айналдыру арқылы оны тұздап, қатырып жасалған тағам.*

**БРЭЙК** [ағыл. break] зат. *Хип-хоп мәдениетінің бір ағымы, көше биі.*

**БРЭК** зат. спорт. *Боксерлік жекпе-жекте ереже бұзылған сәтте айтылатын төрешінің командасы.*

**БУ** зат. **1.** *Судың жылып, қайнауынан пайда болатын тұман тәрізденген газ.* **2.** *Суық ауа мен жылы ауаның алмасуынан, ылғалдың жылып булануынан ауада пайда болған тұман тәрізді зат.* **3.** *Қысымның әсерінен болған леп, ауа, ис.* **4.** термин. *Заттың газдық фазасы өзінің сұйық фазасымен тепе-теңдікте болатын газ тәрізді күйі.* **5.** ауыс. *Бір нәрсенің желігі, әсері; қуаты, күші.*

**Бу алды.** а) *Буланды, бу болып кетті.* ә) *Сестенді, есірді, қоқиланды.* **Бу атты.** *Бұрқыратып бу шығарды.* **Бу болып ұшты.** *Жоқ болды, ізтозы білінбеді.* **Бу бұлау.** көне. ***Бапталғы.*** **Бу диірмен.** *Бу күшімен айналатын диірмен.* **Буға семірді [ісінді, шалқақтады].** *Бір нәрсенің деміне масаттанды; бос нәрсеге желікті, есірді.* **Бу камерасы.** тех. *Бу сақталынатын орын.* **Бу күші [қуаты].** *Будың өндіріске, шаруашылыққа пайдалылық қасиеті, бу қысымының мөлшері.* **Бу қазаны.** *Атмосфера қысымынан жоғары қысымда бу алу үшін пайдаланылатын қондырғы.* **Бу қылды.** *Сүйеніш етті, медеу тұтты; күпілдеп мақтанды.* **Бу мәшинесі.** *Будың қысым күшін пайдалану арқылы жұмыс істейтін жылу двигателі.* **Бумен жылыту.** *Жылыту құралдарына бу құбырлары арқылы берілетін жылу.* **Бу түріндегі су.** геол. *Тау жыныстарының құрғақ немесе сумен толық қанықпаған қуыстары мен жарықшақтарындағы ауада болатын бу күйіндегі су.* **Буы қыздырды.** *Құр атына мастанды, мәз болды.* **Бу электр стансысы.** *Бу күші арқылы жұмыс істейтін электр стансысы.* **Буы басылды.** *Желігі тарқады.* **Буына жығылды**. *Біреудің ақшасына, мансап, байлығына қызықты.* **Буына мас [болды]**. *Бір нәрсенің желігіне, әсеріне, қуатына елтіді.* **Буына пісті.** *Бір нәрсенің әсеріне масаттанды, лепірді, мастанды.* **Буы удай тарады.** *Масаттандырды, бәрін желіктірді.*

**БУ=** ет. **1.** *Бір нәрсені қатты қысып байлау.* **2.** ауыс. *Малдың аяғын айқастырып, қатты қысып байлау.* **3.** ауыс. *Қысу, маза бермеу, тыныштық таптырмау.* **4.** ауыс. *Қаптап, қаумалап тыныштық бермеу.*

**Буа сөйледі.** *Біреуді тайсалта, бетін қайтара, қыса айтты; өз шеніне жуықтатпай сөйледі.*

**БУАЗ** сын. **1.** *Құрсағында төлі бар, туатын мал, хайуан.* **2.** қарап. *Екіқабат, аяғы ауыр (әйел).* **3.** ауыс. *Екі бүйірі шыққан, қампиған.*

**Буаз ара**. жерг. *Екі адамдық ара, ағаш кесетін құрал.* **Буаз бие**. *Құрсағында төлі бар, туатын бие.* **Буаз биенің қарнындай.** *Қампиған, салбыраған; үлкен.* **Буаз болды**. а) *Өсімдік тозаңданып дән шығара бастады, бас алды, бүршік атты.* ә) *Бойына төл бітті.* б) қарап. *Екіқабат болды.* **Буаз мал ауруы.** вет. *Іш тастау, малдың ісінуі, уақытсыз толғату, жатыр жарығы, жатырдың бұрылуы не түйілуі.* **Буаз сиыр.** *Бұқадан қашып кеткен, әлі бұзауламай жүрген сиыр.*

**БУАЗДЫҚ** зат. **1.** *Буаз болушылық.* **2.** зоол. *Ұрғашы жануарлардың аналық жасушасынан ұрық дамып жетілгенге дейінгі физиологиялық күйі.*

**БУАЗДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Буаздық.***

**БУАЗУ** *Буазы етістігінің қимыл атауы.*

**БУАЗЫ=** ет. кәс. *Пісіп жетілу, бас алу, дән шығара бастау.*

**БУАҚҰРТ** зат. вет. *Малда болатын ауру.*

**БУАЛДЫР** зат. *Сағым тәрізді алысты көрсетпейтін табиғаттың күңгірт күйі; мұнар.*

**БУАЛДЫР** сын. **1.** *Бұлдыр, күңгірт, бұлыңғыр.* **2.** *Анық емес, көмескі.* **3.** ауыс. *Мең-зең, бейжай.*

**Буалдыр тартты.** *Күңгірттенді, көмескіленді.*

**БУАЛДЫРЛАН=** ет. *Бұлдырау, күңгірт тарту, көмескілену.*

**БУАЛДЫРЛАНДЫР=** ет. *Көмескілендіру, күңгірттендіру.*

**БУАЛДЫРЛАНДЫРУ** *Буалдырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУАЛДЫРЛАНУ** *Буалдырлан етістігінің қимыл атауы. Дұрыс көрмеу, көздің қарашығына ақ түсе бастау.*

**БУАЛДЫРЛАУ** сын. *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.*

**БУАЛДЫРЛЫ** сын. *Буалдыр басқан, күңгірт.*

**БУАЛДЫРЛЫҚ** зат. *Көмескілік, бұлдырлық, күңгірттік.*

**БУАЛДЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Бұғалық.***

**БУАТ** сын. жерг. ***Буда.***

**БУАТ** зат. өс. *Қылөт (құмда өсетін,ұзын, ақ шөп).*

**БУБЕН** зат. муз. *Кіші барабанға ұқсас музыкалық аспап.*

**БУ-ГАЗ: бу-газ турбиналы қондырғы.** тех. *Бу және газ турбиналарының жұмыс циклдері біріктірілген энергетикалық қондырғы.*

**БУГЕНЕРАТОР** зат. **1.** физ. *Ядролық реакторлардан бөлінетін жылу тасығыштардың (су, су буы, газ, сұйық металл, т.б.) көмегімен суды жылыту арқылы атмосфера қысымынан жоғары қысымдағы бу алуға арналған құрылғы.* **2.** *Бұқазан.*

**БУГИ-ВУГИ** [ағыл. boogie-woogie] зат. *Джаз стиліндегі еркін спорттық би.*

**БУГИСА** зат. *Индонезияның Сулавеси, Риау, Калимантан аралдарында тұратын халық.*

**БУҒАН-ТҮЙГЕН** зат. *Буып-түйілген.*

**БУҒЫЗ=** ет. *Затты, дүние-мүлікті орап, белінен, ортасынан байлатқызу, түю.*

**БУҒЫЗУ** *Буғыз етістігінің қимыл атауы.*

**БУҒЫШ** зат. *Бір нәрсені буатын жіп (қайыс).*

**БУДА** зат. *Жиналған, шоғырланған бір топ зат; бума.*

**БУДА-БУДА** сын. **1.** *Көп, толған.* **2.** ***Бума-бума.*** **3.** *Топ-топ, мол.*

**БУДАЙ** сын. *Бу сияқты, бу тәрізді.*

**БУДАҚ** *Түтін, шаң, бұлт т.с.с. шоғырлануы, будақталуы.*

**Будақ қақты.** *Будақтады, будақ-будақ етті.*

**БУДАҚ-БУДАҚ** сын. **1.** *Шумақ-шумақ, лек-лек.* **2.** *Будақтаған, будақ қаққан.* **3.** сөйл. *Бора-бора.*

**БУДАҚТА=** ет. **1.** *Будақ-будақ ету, түтіннің не жалынының қоюланып, үзілмей шығуы.* **2.** *Арындау, екпіндеу, құйылу, тоқтамау.*

**БУДАҚТАЛ=** ет. *Бу күйіндегі үздіксіз ауаның екпінмен сыртқа шығарылуы.*

**БУДАҚТАЛУ** *Будақтал етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАҚТАС=** ет. *Шоғыр-шоғыр болысу, топталысу.*

**БУДАҚТАТ=** ет. *Түтін не шаңды т.б. будақ-будақ еткізу.*

**БУДАҚТАТУ** *Будақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАҚТАУ** *Будақта етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАЛА=** ет. **1.** *Бөлек-бөлек етіп буу.* **2.** *Буда-буда ету.* **3.** ауыс.

**БУДАЛАН=** ет. *Бір нәрсенің топ-топ, буда-буда болуы.*

**БУДАЛАНУ** *Будалан етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАЛАУ** *Будала етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАМ** сын. сөйл. ***Буда.***

**БУДАН** зат. **1.** *Әртүрлі тұқымды біріне-бірін телуден шыққан жаңа тұқым.* **2.** биол. <лат. hibrida> *Генотипінде айырмашылығы бар екі ағзаны будандастырудан (шағылыстырудан) алынған жаңа ағза.*

**Будан сөздер**. лингв. *Әртүрлі тіл элементтерінен жасалған сөздер.* **Будан таужыныс**. геол. *Магманың басқа таужыныстарын ассимиляциялауынан пайда болған ауытқыма құрамды таужыныс.*

**БУДАНДА=** ет. **1.** малшар. *Әртүрлі мал тұқымын бір-бірімен будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару.* **2.** егіншар. *Әр сортты немесе әр түрлі өсімдіктерді қолдан тозаңдандыру, ұластыру арқылы жаңа сорт немесе жаңа түр шығару.*

**БУДАНДАС** сын. *Аралас, өзара жалғас.*

**БУДАНДАС=** ет. **1.** *Телiну, қосылу, бірігу.* **2.** *Аралас-құралас болу, қыз берісіп, қыз алысу.*

**БУДАНДАСТЫР=** ет. малшар. *Екі түрлі ұрықты не тұқымды өзара біріктіріп, ортақ дүние тудыру.* **2.** егіншар. *Екі түрлі өсімдіктен ортақ жаңа түр алу.*

**БУДАНДАСТЫРУ** биол. *Будандастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әртүрлі жануар т.б. тұқымдарын бір-біріне қосып жаңа тұқым шығару.* **2.** *Түрлі сұрыпты өсімдіктерді қолдан тозаңдандыру арқылы жаңа түр алу.*

**БУДАНДАСТЫРЫЛ=** ет. биол. *Әртүрлі тұқымдардың бір-бірімен ұрықтандырылуы, тұқым жаңартылуы.*

**БУДАНДАСТЫРЫЛУ** *Будандастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАНДАСУ** *Будандас етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАНДАУ**[1] сын. *Негізіне аздап басқа тұқым араласқан; тұқымы таза емес.*

**БУДАНДАУ**[2] *Буданда етістігінің қимыл атауы.*

**БУДАНДЫ** сын. *Будандастыру жолымен алынған (сорт, тұқым).*

**БУДАНДЫҚ** сын. *Буданға тән, буданға қатысты.*

**БУДАСЫН** зат. жерг. ***Бугыш*** *(Бір нәрсені буатын жіп не қайыс).*

**БУДАРА** зат. жерг. *Тұтас ағаштан ойып жасалған қайық.*

**БУДДА** зат. тар. *Б.з.д. 6 ғасырда солтүстік Үндістанда пайда болып, дүние жүзіне кең тараған дін.*

**Будда діні.** ***Будда.***

**БУДДАЛЫҚ** сын. *Буддизмге тән, буддизммен байланысты.*

**БУДДИЗМ** зат. діни. *Будда дінінің көзқарасын білдіретін ағым.*

**БУДДИСТ** зат. діни. *Будда дінін мойындаушы, жақтаушы адам.*

**БУДДИСТІК** сын. *Буддизмге тән, буддизмге қатысты.*

**БУДЕННОВКА** ор. зат. сов. *Пионерлердің пилотка тәрізді бас киімі; шлем.*

**БУДИЛЬНИК** ор. зат. *Белгіленген уақытта қоңырау соғатын сағат.*

**БУДИНА** зат. геол. *Будинаж нәтижесінде пайда болған таужыныс кесектері.*

**БУДИНАЖ** [фран. boudin] зат. геол. *Желі, дайка, кіші интрузия және басқа тау жыныстарының созылым бағытында жақпар немесе линза сияқты болып бөлшектенуі.*

**БУДИІРМЕН** зат. *Бу күшімен жүретін диірмен.*

**БУДКА** ор. зат. *Күзетші немесе қарауыл үшін арнайы салынған кішкене басқалқа.*

**БУДУХТАР** зат. *Әзербайжан республикасының шығыс бөлігіндегі Конахкенд және Хачмас аудандарын мекендейтін аз санды этникалық топ.*

**БУДЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсені қысып байлату, түйіндету.* **2.** *Ішіне зат салынған қап, қалта, қоржын т.б. заттардың аузын жауып байлату, түйіндеу.* **3.** *Оратып, буып-түйгізу.*

**БУДЫРА=** ет. **1.** *Қобырау, шашылу.* **2.** *Дудырау.*

**БУДЫРАТ=** ет. *Будырату, қобдырату.*

**БУДЫРАТУ** *Будырат етістігінің қимыл атауы.*

**БУДЫРАУ** *Будыра етістігінің қимыл атауы.*

**БУДЫРУ** *Будыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУЕР** [голл. boeier] зат. *Мұз үстінде сырғанау үшін, корпусының астына үш коньки орнатылған желкенді қайық.*

**Буер спорты.** *Қыста мұз үстінде өткізілетін спорттың бір түрі.*

**БУЖ** [франц. bougie] зат. мед. *Ағзаға кеңейту немесе зерттеу мақсатында салынатын қатты немесе иілгіш білек түріндегі медициналық аспап.*

**БУЗИНА** зат. бот. ***Аюбадам.***

**БУЗРУК** зат. көне. *Үлкен, ұлы адамдар.*

**БУЙВОЛ** зат. зоол. *Жұп тұяқты, қуыс мүйізді, дала өгізінің бір түрі.*

**БУК** ор. зат. бот. *Жылтыр сұр қабықты қатты ірі ағаш.*

**БУК-ВЭЛЬЮ** зат. экон. *Корпорацияның бухгалтерлік есебіне сәйкес құндық бағасы.*

**БУКЕР** зат. кәс. *Фотомодельдер арасында тапсырыстарды бөліп беру қызметін атқаратын адам.*

**БУКЕТ** [франц. bouquet] зат. ***Гүлшоқ.***

**БУКИНГ-ГОТ** зат. экон. *Желілік қатынаста теңіз жүк тасымалына жасалатын шарттың бір түрі.*

**БУКИНИСТ** [франц. bouquin] зат. *Ескі, сирек кездесетін кітаптар сататын дүкен.*

**БУКЛЕ** зат. *Ірі, ұсақ жіптермен тоқылған шырышты матаның бір түрі*

**БУКЛЕТ** [ағыл. booklet] зат. инф. *Параллель беттестіру арқылы бірнеше бетке қатталған бір параққа басылған құжат.*

**БУКМЕКЕР** зат. кәс. *Спорттық және басқа да жарыстар, құмар ойындар бойынша тігілген тігістерді қабылдайтын адам.*

**БУКМЕКЕРЛІК** *Букмекерге қатысты.*

**БУКСИР** [голл. boegseren] зат. *Өзі жүре алмайтын нәрселерді (кеме, машина, паром т.б.) тіркеп сүйреу әрекеті.*

**Буксирге алды.** *Трактор не мәшиненің артына тіркеп сүйреледі.*

**БУКСИРЛЕ=** ет. *Буксирге алу.*

**БУКСИРЛЕУ** *Буксирле етістігінің қимыл атауы.*

**Буксирлеу кемесі.** *Өзі жүрмейтін кемелерді, сал мен басқа да жүзбе құрылыстарды тіркеп сүйреуге арналған кеме.*

**БУ-КҮШ: бу-күш қондырғысы.** тех. *Бұқазан (бугенераторы) мен бұқозғалтқышынан тұратын энергетикалық қондырғы.*

**БУҚАЗАН** зат. тех. *Отынды (табиғи газ, мазут, көмір, т.б.) жағу кезінде бөлінетін жылу арқылы атмосфералық қысымынан жоғары қысымды бу алу үшін қолданылатын жылу алмастырғыш құрылғы.*

**БУҚҰБЫР** зат. тех. *Өндірілген буды пайдалану орындарына жеткізетін құбыр.*

**БУҚОЗҒАЛТҚЫШ** зат. тех. *Бугенератордағы будың қозғалысын қамтамасыз ететін құрылғы.*

**БУҚЫЗДЫРҒЫ** зат. тех. *Буды қанығу температурасынан жоғарырақ қыздыру үшін пайдаланылатын жылу алмастырғыш аппарат.*

**БУЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені буға ұстау.* **2.** *Жалату, жағу.* **3.** ауыс. *Балқыту, елжірету, маужырату.*

**БУЛАҒЫШ** зат. тех. *Белгілі бір нәрсені булау үшін арнайы жасалған аппарат.*

**БУЛАН=** ет. **1.** *Будың тұман, газ тәрізді күйге айналуы.* **2.** *Ылғалдану, сулану, терлеу.*

**БУЛАНҒЫШ** сын. *Булануға бейім, жақсы буланатын.*

**БУЛАНҒЫШТЫҚ** зат. **1.** *Буланғыш болушылық, булану қасиетінің молдығы, булануға икемділік.* **2.** физ. *Жердің бетінен және су айдынынан белгілі бір ауа райы жағдайында судың барынша булану мөлшерін сипаттайтын шартты өлшем.*

**БУЛАНДЫР=** ет. **1.** *Буға айналдыру.* **2.** *Ылғалдандыру, дымқылдау.*

**Буландыра салқындату.** геол. *Жер асты кен қазбалары жағдайында конденсация жылуын қабылдаған суды салқындату.*

**БУЛАНДЫРҒЫШ** зат. **1.** *Сұйықты буландыратын, булануға әсер ететін нәрсе.* **2.** *Сұйықты буландыру үшін арнайы жасалған аппарат; булағыш.*

**БУЛАНДЫРУ** *Буландыр етістігінің қимыл атауы; буға айналдыру.*

**БУЛАНЖЕРИТ** зат. хим. *Күрделі сульфидтерге жататын минерал, фальканит, ненерит.*

**БУЛАНУ** *Булан етістігінің қимыл атауы; Буға айналу.*

**БУЛАНУШЫЛЫҚ** зат. геогр. *Буға айналу сипаты.*

**БУЛАТ=** ет. **1.** *Буға ұстату.* **2.** *Жалату, малдыру.*

**БУЛАУ** *Була етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Буға ұстау.* **2.** *Жалату, жағу.*

**БУЛАУ** зат. қолөнер. *Киіздің тебуі жеткенде киіз оралған шиді шешіп, шиыршықталған киізді жазып, асты-үстін ауыстыра отырып 3-4 рет шиыршықтап бүктеп, екі басын түйістіріп көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдағаннан кейін үстін тонмен, күпімен жылылап жауып тастау.*

**БУЛАУШЫ** зат. *Булау ісімен шұғылданушы, балқытушы, булау әрекетін жасаушы.*

**БУЛАУЫШ** зат. сөйл. ***Булағыш.***

**БУЛИМИЯ** зат. мед. *Орталық жүйке жүйесінің ауруға шалдығу салдарынан болатын ашқарақтық, тамақсаулық.*

**БУЛИНГ** зат. спорт. *Жекпе-жекте қарсыласын шаршату мақсатымен тынымсыз қысқа шабуыл жасай беру тәсілі.*

**БУЛЛИТ** [ағыл. bullet] зат. спорт. *Шайбалы хоккейде қарсыластың қақпасына айып шайбасын соғу.*

**БУЛЫ** сын. *Буы бар, буы көп.*

**Булы ойық.** *Үстірт ернегіндегі түбінде суы бар терең шұңқыр, жердің оппа жарығы.*

**БУЛЫҒА-ТҮЙІЛЕ** үст. *Булығып, будақталып.*

**БУЛЫҒУ** *Булық етістігінің қимыл атауы.* **1.** мед. *Тыныс жолдарының ауруы салдарынан тынысы тарылу, тұншығу.* **2.** ауыс. *Ашу-ыза буу, қатты ашулану.* **3.** *Қыстығу, күлкі қысу.*

**БУЛЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл-пәл булығу, булыға түсу.*

**БУЛЫҒЫҢҚЫРАУ** *Булығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БУЛЫҒЫП-ҚЫСТЫҚ=** ет. *Ызаға булығу; демала алмай қиналу.*

**БУЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Самаурынның, шәугімнің, шәйнектің бу шығатын тесігі.* **2.** *Ауа тазарып тұруы үшін, үй, қора төбесінен әдейі қалдырылған ашық жер, саңлау, бу шығарғыш.*

**БУЛЫҚ**[2] зат. жерг. **1.** *Көрпенің жиегі.* **2.** *Көйлек етегіне бөлек қойылған жиек.*

**БУЛЫҚ=** ет. **1.** *Ұйықтап жатқан адамның жайсыз жағдайдан тынысы тарылуы, тұншығуы.* **2.** *Бір нәрсенің (жөтелдің, күлкінің т.б.) әсерінен қыстығу, сөйлей алмай қалу.* **3.** ауыс. *Ашу-ыза буып, жарыла жаздау; қатты ашулану.* **4.** *Маса, қара шыбын, бүгелек сияқтылар тыныштығын кетіріп, байыз таптырмау.* **5.** *Бір нәрсенің іштен сыртқа шыға алмай тұнып қалуы; бөгу.* **6.** ауыс. *Еркіндікке шыға алмау, қапаста болу.*

**БУЛЫҚПА** сын. *Булыққан.*

**БУЛЫҚТЫ** сын. *Булыққан, булықпа.*

**БУЛЫҚТЫР=** ет. **1.** *Тынысын тарылту, тұншықтыру.* **2.** *Маса, шыбын, бүгелек сияқтылардың мазаны алуы, байыз таптырмауы.* **3.** ауыс. *Ашуына тию, ызасын келтіру.*

**БУЛЫҚТЫРУ** *Булықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУЛЬБА** ор. зат. бот. *Түйнектері дәмді, ерте пісетін картоп сорты.*

**БУЛЬВАР** [франц. boulevard] зат. *Көше бойларына, өзен, теңіз жағаларына арнайы жасалған кең және ұзын аллея.*

**БУЛЬДОГ** [ағыл. bulldog] зат. зоол. *Кеудесі кең, аяғы жуан, ерекше тұқымды доғал тұмсық ит.*

**БУЛЬДОЗЕР** [ағыл. bulldozer] зат. тех. *Жер қыртысын тегістейтін қалың пышақты; ысырғыш қалқаны бар мәшине.*

**БУЛЬДОЗЕРШІ** зат. *Бульдозер мәшинесін айдайтын адам; маман.*

**БУМ** [ағыл. boom] зат. экон. *Өндірістің дамуы барысында өнім өндірудің, бағаның және басқа да бір қатар экономикалық көрсеткіштердің шапшаң өсуі.*

**БУМА** зат. *Буылған зат, нәрсе.*

**БУМА-БУМА** сын. *Топ-топ етіп буылған.*

**БУМАЖНЕК** [ор. бумажник] зат. сөйл. ***Әмиян*** *(ақша, тиын т.б. ұақ зат салуға арналған қалта).*

**БУМАЗИ** ор. зат. *Бір жағы түкті, екінші жағы тегіс келген қалың әрі жұмсақ мата; помази.*

**БУМАЛА=** ет. *Бума-бума етіп топтау, топ-топ етіп буу.*

**БУМАЛАУ** *Бумала етістігінің қимыл атауы.*

**БУМАЛЫ** сын. *Буылған, буып қойған.*

**БУМЕРАНГ** [ағыл. boomerang] зат. *Ерте кезде қолданылған қарапайым соғыс және аңшылық құралы.*

**БУНА=** ет. **1.** *Қатты буылған, байланған жерді қысу, қиып кету.* **2.** *Таяқты, тағы басқа нәрсені сақина тәрізді етіп керту, кесу.* **3.** сөйл. ***Бу***[2]. **4.** ауыс. *Мазалау, қинау.*

**БУНА** [нем. Buhne] зат. тех. *Сулы ортаға (теңізде, өзенде, т.с.с.) орналасқан жағаны су тасқынынан қорғайтын көлденең бөгет немесе гидротехникалық құрылым.*

**БУНАҚ**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің буын-буын болып оймышталып кесілген, кертілген жері.* **2.** *Бір нәрсенің сақина тәрізді боп шорлана біткен жері.* **3.** қолөнер. *Бунақталған ұзынша желі тәріздес ою түрі.*

**БУНАҚ**[2] зат. **1.** әдеб. *Өлең тармақтарының (жолының) ырғақтың құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы, өлең сөз ағымының бірлігі.* **2.** муз. *Күйдің ырғақты құрылымдық бөлігі.*

**БУНАҚ-БУНАҚ** сын. **1.** *Бірнеше бунақ.* **2.** әдеб. *Сөз ағымының ырғақтық топтары.*

**БУНАҚДЕНЕ** зат. сөйл. *Бунақденелі жәндік.*

**БУНАҚДЕНЕЛІ** сын. зоол. *Дене-түрқы бірнеше бунақтан тұратын.*

**БУНАҚДЕНЕЛІЛЕР** зат. зоол. *Денесі бас, көкірек, құрсақ бөліктерінен тұратын, буынаяқтылар типіне жататын жәндіктер.*

**БУНАҚСЫЗ** сын. *Бунағы жоқ, біркелкі.*

**БУНАҚТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* **2.** *Жинақтау, буу, байлау.* **3.** ауыс. *Жік-жікке, буын-буынға бөліп, топтау.*

**БУНАҚТАЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің сақина тәрізді болып буналуы, шорлануы.* **2.** *Буын-буын болып оймышталу, кертілу, бөліну.* **3.** *Топталып, тұтасып қалу.*

**БУНАҚТАЛУ** *Бунақтал етістігінің қимыл атауы; бунаққа бөліну.*

**БУНАҚТАН=** ет. *Топталу; бунақталу; шорлану.*

**БУНАҚТАНУ** *Бунақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БУНАҚТАТ=** ет. *Бунақ-бунақ ету, бунақтарға бөлу.*

**БУНАҚТАТУ** *Бунақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БУНАҚТАУ** *Бунақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жинақтау, буу, байлау.* **2.** *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.*

**БУНАҚТЫ** сын. *Бунағы бар, бунақталған.*

**БУНАҚТЫҚ** зат. әдеб. *Бунаққа бөлінушілік; ырғақтық.*

**БУНАЛ=** ет. **1.** *Байлану, буылу.* **2.** *Қысылу, тарылу, бітелу.*

**БУНАЛУ** *Бунал етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Байлану, буылу.* **2.** *Тарылу, бітелу, қысылу.*

**БУНАТ=** ет. *Байлау, бұғызу; керту.*

**БУНАТУ** *Бунат етістігінің қимыл атауы.*

**БУНАУ** *Буна етістігінің қимыл атауы; кесу, керту.*

**БУНДЕСВЕР** [нем. Bundeswehr ] зат. әск. *Германияның қарулы күштері.*

**БУНДЕСТАГ** [нем. Bundestag] зат. саяси. *Бұрынғы Батыс Германия парламентіндегі басты палатаның бірі.*

**БУНКЕР**[1] [ағыл. bunker] зат. *Сусымалы ұсақ заттарды (астық, көмір, руда, мақта т.б.) жинау үшін, оларды өздігінен түсіру үшін, арнайы жасалған қорап, шанақ.*

**БУНКЕР**[2] зат. әск. *Қорғану және т.б. мақсаттар үшін жер астынан арнайы жасалған қуыс орын.*

**БУНТ** [нем. Bund] зат. **1.** саяси. *Стихиялы түрде кенеттен бұрқ ете түскен шағын топтың көтерілісі.* **2.** ауыс. эксп. *Айқай-шу, төбелес.*

**БУНТАРЬ** ор. зат. **1.** *Әр нәрсеге (билеуші тапқа, қалыптасқан жүйеге т. б.) наразы болушы, қарсы тұрушы бүлікшіл адам.* **2.** ауыс. жағымды. *Қалыптасқан тәртіпті сынмен қабылдайтын, өзіндік ерекшелігін жасырмайтын адам мағынасында.*

**БУНТАРЬЛЫҚ** зат. *Бунтарь адамға тән іс-әрекет, мінез, қасиет.*

**БУНТШЫ** зат. *Бунт жасаушы, бунтқа қатысушы.*

**БУНЧУК** [түрік. bundzuk] зат. *Түркі халықтарының сылдырмақты, қоңыраулы аспабы.*

**БУӨЛШЕГІШ** зат. тех. *Будың қысым күшін өлшейтін аспап, құрал.*

**БУРА**[1] зат. *Айыр түйенің келеге түсетін еркегі; аталық түйе.*

**Бура келеге келді.** *Інгеннің, ұрғашы нардың қаю маусымы туралы айтылады.* **Бура келеге түсті.** түйеш ар. *Бура келесін қайытты.* **Бура сан [санды].** а) *Ірі, саны бураның санындай.* ә) *Ірі, денелі, аяқ-қолы балғадай.* **Бура сойып бақыртты.** *Үлкен жиынға ас берді, ұлан асыр той жасады деген мағынада.* **Бурадан бөлді түйені.** *Малды күйттетпей, берекесін алды деген мағынада.* **Бура шөгеру.** *Бураны күйті келген інгенге немесе нарға түйешінің жәрдемімен шағылыстыру.* **Бура шөгу.** *Бураның күйті келген інгенге немесе аруанаға өз бетінше шағылысуы.* **Бура шөкті.** *Күйті келген бура інгенге немесе аруанаға өз бетінше шағылысты.*

**БУРА**[2] ар. зат. хим. *Құрамында 11 пайыз боры бар, ақ кристалды тұз; бор қышқылды натрий.*

**БУРА**[3] зат. кәс. *Қамыстан, ірі құрайдан істелген су бөгейтін зат; буылған қамыс, құрай, шөп-шалам.*

**БУРА**[4] зат. *Үш картадан бөлісіп ойнайтын карта ойыны.*

**БУРАДАЙ** сын. *Бура тәрізді; бура сияқты.*

**Бурадай бұрқылдады [зіркілдеді].** *Бұрқан-тарқан болып қатты ашуланды, қаһарланды.* **Бурадай буырқанды.** *Қаһарланды, бұрсанды.* **Бурадай [нардай] жарады.** *Ашуға мінді,*

*айбаттанды.* **Бурадай [құтырған бурадай] зіркілдеді.** *Бұлқан-талқан болып қатты ашуланды, қаһарланды.*

**БУРАДАЙЫН** үст. поэт. ***Бурадай.***

**БУРАК** [ар. براق] зат. діни. *Пайғамбарымыз алейһиссаламның көктерге, белгісіз жерлерге көтерілген түні (миғраж түнінде) үстіне мінген және өзін Меккеден Құдысқа дейін апарған жануары.*

**БУРА-ҚОТАН** зат. этн. ойын. *Жастар дөңгелене, алқа-қотан отырып, бір адам бура, екіншісі інген болып ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.*

**БУРАЛЫҚ** сын. *Бура боларлық. // Бура болушылық. // Орынсыз күпілдеушілік.*

**БУРАША**[1] зат. *Жас бура.*

**БУРАША**[2] үст. *Бураға ұқсап, бура секілденіп.*

**БУРГОМИСТР** [нем. Burgermeister] зат. *Кейбір Европа елдеріндегі қалалық басқарманың бастығы.*

**БУРГЕР** [ағыл. burger] зат. тамақ. *Гамбургерлердің, чизбургерлердің және т.б. жалпы атауы.*

**БУРДА** [ар. بردة] зат. діни. *Жүннен немесе матадан жасалған жамылғы.*

**БУРЖУА** [фр. bourgeois] зат. тар. *Буржуазия табының өкілі, көне капиталист.*

**БУРЖУАЗИЯ** [франц. bourgeoisie] зат. саяси. *Елдегі капиталдың едәуір бөлігін иемденген әлеуметтік топ.*

**БУРЖУАЗИЯЛЫҚ** сын. *Буржуазияға тән, буржуазияға қатысты.* **Буржуазиялық қоғам.** *Елді, мемлекетті қанаушы тап; буржуазия билеп-төстеген қоғамдық құрылыс.* **Буржуазиялық революция.** тар. ***Буржуазиялық төңкеріс.*** **Буржуазиялық төңкеріс.** *Капиталдың едәуір бөлігін иемденген әлеуметтік топтың мүддесін қорғайтын өкімет билігін орнатуды көздейтін әлеуметтік төңкеріс.*

**БУРЖУАЗИЯШЫЛ** сын. тар. *Буржуазияны жақтаушы.*

**БУРЖУАЗИЯШЫЛДЫҚ** сын. *Буржуазияшыл болушылық, буржуазияшыл адамға тән (қасиет).*

**БУРЖУЙ** ор. зат. сөйл. ***Буржуа.***

**БУРИМЕ** [франц. bouts rimes] зат. әдеб. *Француз поэзиясында 17 ғасырдан бастап орын алған алдын ала дайындалған ұйқасқа өлең шығару түрі; осындай өлеңдерді шығарып ойнайтын әдеби ойын.*

**БУРКА** зат. *Кавказ халықтарының жұқа киізден жасалған жеңіл, желбегей сырт киімі.*

**БУРКАЛЫ** сын. *Буркасы бар, бурка киген.*

**БУРЛАК** ор. зат. көне. *Бұрынғы кезде Ресейде жүк таситын кемені өзен ағысына қарсы не су тартылған жағалау бойымен, кеуделеріне арқан салып, топ болып сүйрейтін жұмысшы.*

**БУРНОНИТ** зат. хим. *Күрделі сульфидтерге жататын минерал.*

**БУРАКУМИН** жапон. зат. этн. *Ақсүйектер әулетінің атқосшысы мен қара жұмысын атқаратын төменгі сословие, жапондық ортағасырлық кастаның ұрпағы. Мысалға, буракумин аталатын тайпаға жататындар негізінен ақсүйектер әулетінің атқосшысы мен қара жұмысын атқаратын төменгі тап болып саналған*

**БУРРЕ** [франц. bourree] зат. *Қол ұстасып жүріп билейтін француз биі.*

**БУРСИТ** [лат. bursitis] зат. мед. *Буын қалталарының қабынуы.*

**БУРТ** зат. *Картопты, тамыр-жемістілерді бір жерге үйіп, үстін бастырып тастау әдісі.*

**БУРХАН** моңғ. зат. діни. ***Бұрхан.***

**БУРЫЛ** сын. **1.** *Ақ пен көк аздап қара араласқан түс. // Бурыл түсті жылқы.* **2.** *Ақ кіре бастаған, ағара бастаған (шаш, сақалға қатысты).*

**Бурыл тартты.** *Шашына, сақалына ақ кіре бастады.* **Бурыл [тартқан] шақ [кез].** *Егде тартқан кез, қартайған уақыт.* **Бурыл шалды.** *Шашына, самайына ақ кірді.*

**БУРЫЛДАН=** ет. **1.** *Шашқа, сақалға ақ кірусу.* **2.** *Бурыл тарту.* **3.** *Егіннің ақшыл тартып, пісуге таянуы.*

**БУРЫЛДАНУ** *Бурылдан етістігінің қимыл атауы.*

**БУРЫЛДАУ** сын. *Сәл ғана бурыл, аздап бурыл араласқан.*

**БУРЯТ** зат. *Бурятияның түргылықты халқы, осы ұлттың өкілдері.*

**БУРЯТША** үст. **1.** *Бурят тілінде.* **2.** *Бурятқа ұқсап.*

**БУТЛЕГ** зат. муз. *Концерттерде, рұқсат беру құқығынсыз жасырын жазылған немесе фирмалар мұрағатынан ұрланған, рұқсаттыз шығарылып, таратылған музыкалық аудио жазба.*

**БУСА=** ет. **1.** *Дененің жіпсуі, дененің терлеуі.* **2.** *Жердің қары кетіп, жылынуы, ылғалдың көтерілуі.*

**БУСАЛҚЫНДАТҚЫШ** зат. тех. *Қызған бу температурасын реттейтін жылу алмастырғыш қондырғы.*

**БУСАН=** ет. **1.** *Аздап жіпсу, жеңіл ғана терлеу.* **2.** *Күн жылыну, жердің қары кетіп, тоңы ери бастау.*

**БУСАНДЫР=** ет. **1.** *Жібіту, жіпсіту.* **2.** *Терін шығару, терлету.*

**БУСАНДЫРУ** *Бусандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУСАНТ=** ет. *Буын шығарту.*

**БУСАНТУ** *Бусант етістігінің қимыл атауы.*

**БУСАНУ** *Бусан етістігінің қимыл атауы; терлеу.*

**БУСАНЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап бусану, сәл ғана бусану.*

**БУСАҢҚЫРА=** ет. *Аздап бусану, сәл-пәл жіпсіңкіреу.*

**БУСИДО** жапон. зат. *Жапонияда пайда болған жекпе-жектің бір түрі.*

**БУССОЛЬ** [франц. boussole] зат. тех. *Магнитті меридиан мен қандай да бір затқа бағытталу арлығындағы көлденең бұрышты өлшеуге арналған геодезиялық аспап.*

**БУСТРОФЕДОН** [грек. bus – өгіз, strepho – қайта айналдырамын] зат. лингв. *Бірінші жолы солдан оңға, екінші жолы оңнан солға қарай жазылатын жазу үлгісі.*

**БУТАДИЕН** зат. хим. *Өзіне тән исі бар түссіз газ; қанбаған көмірсутегі.*

**БУТАН** [грек. butyron] зат. хим. *Газ тәрізді қанық көмірсутек.*

**БУСТАН** ар. зат. көне. *Бақ, бау-бақша.*

**БУТАРА** [лат. butarium] зат. геол. *Кен массасын тазартып, жуып-шаюға арналған аспап.*

**БУТАФОР** зат. өнер. *Бутафориялық бұйымдар даярлаушы адам, маман.*

**БУТАФОРИЯ** [итал. buttafuori] зат. өнер тану. *Театр спектакліне қажетті жасаужиһаздарының орнына пайдаланатын арнайы жасалған жасанды бұйымдар.*

**БУТАФОРИЯЛЫҚ** сын. *Бутафорияға тән, бутафорияға қатысты.*

**БУТЕРБРОД** [нем. Butterbrot] зат. *Үстінде май, я сүтсірне, я шұжығы бар бір тілім нан.*

**БУТИК** [франц. boutique] зат. *Қымбат, сәнді тауарлар сататын кішкентай дүкен.*

**БУТИЛ**: **бутил спирті.** хим. *Өткір исті, түссіз сұйық ($C_9H_4OH$).*

**БУТИЛЕН** зат. хим. *Газ түріндегі қанбаған көмірсутек; бутен $C_4H8$.*

**БУТИРОМЕТР** [грек. butyron – май, metron – өлшем] зат. *Сүттің майлылығын анықтау үшін арнайы жасалған прибор.*

**БУТСЫ** [ағыл. boots] зат. спорт. *Футбол ойнағанда киетін табаны бүдірлі аяқкиім.*

**БУТУРБИНА** зат. тех. *Бумен жұмыс істейтін жылу двигателі.*

**БУТЫЛКА** ор. зат. ***Бөтелке.***

**БУУ** *Бу етістігінің қимыл атауы; байлау.*

**БУУЛЫ** сын. *Буылып, түйіліп, байланған.*

**Буулы сөз.** *Айтылмаған, іштегі сөз.*

**БУУШЫ** сын. *Бір нәрсені буатын, буу әрекетін істейтін (адам).*

**БУУШЫЛЫҚ** зат. *Буушы болушылық.*

**БУФЕР**[1] [ағыл. buffer] зат. тех. *Екі заттың бір-бірімен соқтыққан кезіндегі күшті кеміту, солғындату, бәсеңдету үшін (теміржол вагондарында, автомобильдерде) арнайы жасалған қондырғы.*

**БУФЕР**[2] зат. инф. *Мәліметтерді уақытша сақтауға арналған компьютер жедел жадының бір бөлігі.*

**БУФЕРЛЕУ=** ет. инф. <ағыл. buffering> **1.** *Негізгі жад пен сыртқы құрылғы арасында ақпарат алмасу процесі кезінде мәліметтерді уақытша сақтау үшін негізгі жадтың (буферлердің) арнауы аймағын пайдалану.* **2.** *Операцияларды программалау.* **3.** *Кіріс немесе шығыс мәліметтерін бір блок көлеміне дейін жинақтауға арналған компьютер немесе құрылғының жад аймағын ұйымдастыру.*

**Буферлеу әдісі.** [ағыл. bufferinq method] инф. *Енгізу-шығару буферлерін пайдалануға негізделген сыртқы құрылғы мен программаның жұмыстық аймағы арасында мәліметтер жеткізу тәсілі.*

**БУФЕРЛІК** сын. *Буферге тән, буферге қатысты.*

**Буферлік ерітінділер**. хим. *Сутек иондарының концентрациясын белгілі бір дәрежеде ұстайтын ерітінділер.* **Буферлік жад.** [ағыл. buffer, annex memory] инф. *Ақпарат алмасу кезінде мәліметтерді буферлеуге пайдаланатын жад немесе жад бөлігі; ақпаратты уақытша сақтауға арналған орын.* **Буферлік қор.** қаржы. *Кәсіпорын қалыпты жұмыс істеу үшін қажетті, айналым капиталына жататын босалқы қор.* **Буферлік регистр.** [ағыл. buffer register] инф. а) *Мәліметтерді уақытша сақтауға пайдаланылатын регистр.* ә) *Жедел жад пен сыртқы құрылғы арасында мәліметтер алмасуды жүзеге асыратын регистр.* **Буферлік файл.** [ағыл. spool file] инф. *Көп мақсатты операциялық жүйелерде қорытынды шығарылатын мәселелердің мәліметтерін уақытша сақтауға арналған файл.*

**БУФЕТ** [франц. buffet] зат. **1.** *Жеңілжелпі тамақ я сусын сататын орын, дәмхана.* **2.** *Ыдыс-аяқ, түрлі тағам, ішімдік сақталатын бөлмедегі шкаф.*

**БУФЕТТІК** сын. *Буфетке арналған.*

**БУФЕТШІ** зат. *Буфет сатушысы.*

**БУФЕТШІЛІК** зат. *Буфетші болушылық.*

**БУФФАЛО** зат. зоол. *Америка жабайы бұқасы (бизон).*

**БУФФОНАДА** [итал. buffonata] зат. әдеб. *Кездейсоқ, ойламаған жерден күлкілі жағдайға ұшырауды негізге алып жазылған комедиялық пьеса.*

**БУХГАЛТЕР** [нем. Buchhalter, buch – кітап, halten – ұстау] зат. *Кәсіпорында және шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарын жүр-*

*гізуші қызметкер; бухгалтерия ісінің маманы; есепші.*

**Бас бухгалтер.** *Бухгалтериядағы қызметі жағынан үлкен, негізгі бухгалтер.*

**БУХГАЛТЕРИЯ** зат. **1.** *Есеп-қисап жүргізудің (есептеу, есепке алу) теориясы мен практикасы.* **2.** *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, шаруашылықтың есеп-қисап жүргізетін бөлімі.*

**БУХГАЛТЕРЛІК** сын. **1.** *Бухгалтерияға тән; бухгалтерге қатысты.* **2.** *Бухгалтер маманын даярлайтын.*

**Бухгалтерлік баланс**. қаржы. *Шаруашылық жүргізуші заңды тұлғаның белгілі бір күнгі, көбінесе күнтізбелік кезеңнің (айдың, тоқсанның, жылдың) басындағы не аяғындағы қаржы шаруашылық жай-күйін ақшалай түрінде жинақтап сипаттайтын бухгалтерлік есеп құжаты.* **Бухгалтерлік есеп.** қаржы. *Кәсіпорынның қаржы және шаруашылық қызметінің нәтижелерін есепке алу жүйесі.* **Бухгалтерлік есеп жүргізу.** қаржы. *Заңды тұлғалардың қорлары мен қор көздерін және қаржы айналысын, шаруашылық операцияларының мазмұнын нақты құжаттар негізінде үздіксіз және өзара байланысын сақтай отырып, арнайы өлшеу бірлігімен тіркеп отыру.* **Бухгалтерлік пайда.** *Салық төлеуге кететін шығысты шегерілгенге дейінгі кезең ішіндегі таза пайда немесе залал.*

**БУХТА** [нем. Bucht] зат. ***Қойнау*** *(кеме тоқтауға жарайтын кішкене қойнау немесе шығанақ).*

**БУЧИЛЬДІ: бучильді қондырғы.** әск. *Суда және арнайы су ерітінділерінде қайнату жолымен теріні қорғау құралдарын, брезенттерді, қағаз, мақта, киім-кешектерді дезинфекциялауға және газсыздандыруға арналған қондырғы.*

**БУША** үст. *Буға ұқсап, су сияқтанып.*

**БУШЛАТ** зат. *Матростарға арнап шұғадан тігілген жылы күрдеше.*

**БУШМЕН** зат. *Оңтүстік және Шығыс Африканың ең ежелгі жергілікті халқы.*

**БУЫЗ** зат. жерг. ***Кебек.***

**БУЫЛ=** ет. **1.** *Төрт бұрышты заттың төрт жағынан орай тартылып, айқастырылып байлануы.* **2.** *Ұзын заттың орта тұсынан орай тартып байлануы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің кедергіге ұшырап, қысылып бөгелуі, тоқтап қалуы.*

**Буылып өсті.** псих. *Адам денесінің, әсіресе жасөспірім бой-тұрпатының кешеуілдеп барып, бірден өсіп кетуі.*

**БУЫЛДЫҚ** зат. бот. *Сулы жерде өсетін, ұзын сабақты гүлді, тамыр-жемісті өсімдік.*

**БУЫЛДЫР** сын. сөйл. ***Буалдыр.***

**БУЫЛДЫРЫҚ** зат. бот. сөйл. ***Буылдық.***

**БУЫЛТЫҚ** зат. *Бір нәрсенің бойындағы шорланған, жуанданған жері.*

**Буылтық құрттар.** <лат. annelida> биол. *Денесі сақина тәрізді буылтықтанып біткен ұзын құрт, омыртқасыз жануарлардың ішіндегі үлкен бір типі.*

**БУЫЛТЫҚ** зат. өс. *Түйнекөлеңнің бір түрі.*

**БУЫЛТЫҚ-БУЫЛТЫҚ** сын. *Бір жері жуан, бір жері жіңішке; әр жері бунақталған.*

**БУЫЛТЫҚСЫЗ** сын. *Буылтығы жоқ, біркелкі.*

**БУЫЛТЫҚТА=** ет. *Буылтық-буылтық ету, бунақтау.*

**БУЫЛТЫҚТАЛ=** ет. *Бір нәрсенің шорланып, буылтық-буылтық етілуі.*

**БУЫЛТЫҚТАЛУ** *Буылтықтал етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫЛТЫҚТАН=** ет. *Бір нәрсенің бөлектеніп, томпайып шорлануы.*

**БУЫЛТЫҚТЫ** сын. *Буылтығы бар.*

**БУЫЛУ** *Буыл етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫЛЫП-ТҮЙІЛ=** ет. *Жинастырылып байлану, түйіншектелу.*

**БУЫЛЫП-ТҮЙІЛУ** *Буылып-түйіл етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫН[1]** зат. **1.** <лат. articulatio> анат. *Адам я жан-жануарлар сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралығы.* **2.** бот. *Өсімдік сабақтарының жапырақ немесе бүршік орналасқан, буылтықтанған жері.* **3.** ауыс. *Тұтас бір нәрсенің жеке саласы, бөлімі, тармағы.* **4.** ауыс. *Жас жағынан шамалас, замандас адамдар тобы.* **5.** ауыс. *Үрім-бұтақ, ұрпақ.* **6.** ауыс. контекст. *Күш-қуат.*

**Буынды құртты.** *Әлсіретті, жүйкелетті, діңкелетті.* **Буын сыздады.** *Аяқ-қолы қақсады.* **Буын шығуы.** мед. *Буын сүйектерінің өз орнынан қозғалып жылысуы.* **Буыны бекіді.** а) *Ержетті, есейді, пысыды.* ә) *Ысылды, шыңдалды.* **Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған.** а) *Ержетпеген, есеймеген.* ә) *Тәжірибесіз, жас, кемеліне келмеген.* **Буыны бос.** *Әлсіз, қуатсыз.* **Буыны босады**. а) *Денеден күш кетті, әлсіреді.* ә) *Қалжырады, әлсіреді.* б) *Тұла бойын қорқыныш кернеді, үрейі ұшты, қалтырады.* в) *Көңілі жібіді, елжіреді.* **Буыны босамастай.** *Қалжырамастай, әлсіреместей, қартаяр шақ жетпестей.* **Буыны былқылдады**. а) *Буыны қатпады, аяғын басып тұра алмады.* ә) *Мың бұралды, биледі, балқыды.* б) *Елітті, балқыды.* в) *Жүрексініп жасқанды, сескенді.* **Буын жоқ**. *а) Буынсыз, майысқан. ә) Буын-буыны босап, әлсіреді.* **Буыны жоқ биші.** *Мың бұралған, асқан биші.* **Буыны кетті**. *Дәрмені құрыды, әлі қашты.* **Буыны кілтілдеді.** *Аяқтарының буыны бастырмай, орнынан шығып кеткендей ауырды.* **Буыны [буын-буыны] қалтырады.** *Діңкесі құрып әлсіреді.* **Буыны [қанаты] қатайды.** *Ержетіп, есейді.* **Буыны қатты.** а) *Пісіп жетілді, қатайды (өсімдік жайында).* ә) *Өсті, үлкейді (малға қатысты).* б) *Ересек болды, өсті.* **Буыны құрыды**. *Әлсіреді, қалжырады, шаршады.* **Буынын алды**. *Бойын билеп алды, еріксіз.* **Буынын билей алмады.** *Денесін ұстай алмады, дәрменсіз болды.* **Буынын балқытты.** *Рақаттандырды, денесін босатты, бусантты.* **Буынын босатты.** *Еріксіз елжіретті, елітті.* **Буынына түсті.** а) *Өн бойына тарады, балқытты, елжіретті.* ә) *Әлсіретті, соңғы күш-қуатын алды.* **Буынын баса алмады.** а) *Аяғын баса алмады, жүре алмады.* ә) *Еркеліктен жүре алмады, былқ-сылқ етті.* **Буыны сыздады.** *Аяқ-қолы қақсады, сырқырады.* **Буыны түсті.** *Былқ-сылқ етті, кербезденді, сәнденді.*

**БУЫН[2]** зат. **1.** лингв. *Дыбысталған сөзде біртұтас айтылым кешені ретінде жеке дауысты не болмаса дауысты мен дауыссыз дыбыстардың тіркесімен құралатын сөз ағымының дыбыстан үлкен фонетика-фонологиялық бірлігі.* **2.** әдеб. *Өлең жолдарындағы дауысты мен дауыссыздың немесе бір дауыстының қарқынымен, кілт үзіліп айтылған тізбегі.*

**Буын жігі.** лингв. *Сөз ағымындағы буындардың арасы, тоғысы.* **Буын тіл.** лингв. *Ең кіші дыбыстық бірлігі буынға негізделген тіл.* **Буын үндестігі.** лингв. *Сөз ағымындағы буындардың бірдей әуезбен айтылатын үйлесімі, үндесім заңы.*

**БУЫН=** ет. **1.** *Жіппен не басқа нәрсемен киімнің сыртынан, белінен байлау.* **2.** *Жіп арқанмен алқымды (тамақты) қатты қысу, қылғыну.* **3.** ауыс. *Қатты ашуланғандықтан, долданғандықтан, ызаланғандықтан сөйлей алмай (даусы шықпай) қалу.*

**БУЫНАРАЛЫҚ** зат. зоол. *Сабақтағы екі буынның арасы.*

**БУЫНАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. arthropoda> *Жоғары сатыдағы омыртқасыз жәндіктердің ең көп тараған тобы.*

**БУЫН-БУЫН** сын. *Буылтық-буылтық. // Үсті-үстіне, арты-артынан.*

**Буын-буынды қуалады.** *Бүкіл денеге тарады.* **Буын-буыны дірілдеді [қалтырады].** *Өне бойы, бүкіл денесі дірілдеді, қатты қорықты.*

**БУЫН-БУЫНДЫ** сын. *Буылтық-буылтық, бунақталған.*

**БУЫНГҮЛДІ: буынгүлді батпақбалдыр.** өс. <лат. heloscidium nodiflorum> *Шатыршагүлдер тұқымдасы батпақбалдыр туысына жататын шөптесін өсімдіктің бір түрі.*

**БУЫНДА[1]=** ет. бот. *Буын салу, буын пайда болу.*

**БУЫНДА[2]=** ет. лингв. *Буын-буынға бөлу, ежіктеу.*

**БУЫНДАЛ=** ет. *Бунақталу.*

**БУЫНДАЛУ** *Буындал етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫНДАН=** ет. *Буын-буынға бөліну.*

**БУЫНДАС[1]** сын. **1.** әдеб. *Буын саны ұқсас.* **2.** ауыс. *Құралпылас, замандас, қатарлас.*

**БУЫНДАС[2]=** ет. **1.** *Жалғасу, қиюласу, түйісу.* **2.** ауыс. *Ыңғайласу, үйлесу.*

**БУЫНДАСУ** *Буындас етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫНДАУ** *Буында етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫНДЫ[1]** зат. *Буылған зат, бума.*

**БУЫНДЫ[2]** сын. **1.** *Буыны бар, бунақталған.* **2.** *Тармақты.*

**БУЫНДЫ[3]** сын. **1.** әдеб. *Буыннан тұратын.* **2.** лингв. *Бір немесе бірнеше буыннан құралған.*

**БУЫНДЫР=** ет. **1.** *Жіппен, белбеумен бұлықтыра байлау.* **2.** *Тамақтан алып қысу, тыныс алдырмау, қылғындыру.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені (ойды, сезімді т.б.) тежеу, тоқтату, шығармау.* **4.** ауыс. *Бұлықтыру, қысу.*

**БУЫНДЫРУ** *Буындыр етістігінің қимыл атауы; қылғындыру, қатты қысу.*

**БУЫНДЫ-ТҮЙІНДІ** зат. сөйл. *Буылып, түйілген зат, дүние.*

**БУЫНЖАЗУ** зат. лингв. *Бір әріп, не таңба бір буынды таңбалайтын жазу түрі.*

**БУЫНҚАП** зат. анат. *Жіліншіктердің бір-бірімен жалғасатын жеріндегі жылтыр ақ шеміршек.*

**БУЫНҚҰРТ** зат. **1.** мед. *Буынды алатын құрт ауруы.* **2.** ауыс. *Білдірмей жүріп, іштей жейтін жегі.*

**Буынқұрт түсіру.** *Уайым-қайғы, қасірет, зар әкелу.*

**БУЫНӨРНЕК** зат. қолөнер. *Бунақталған ұзынша желі тәріздес оюдың бір түрі.*

**БУЫНСЫЗ** сын. **1.** *Буыны жоқ.* **2.** *Жансыз, өлі.* **3.** *Майысқан, бұралған.*

**Буынсыз бармақ.** бейн. *Домбыраны асқан шеберлікпен тартатын күйшінің қолы, саусақтары туралы.* **Буынсыз жер.** *Орынсыз, жөнсіз жер.* **Буынсыз жерге пышақ ұрды [салды].** *Жөні келмес жерде бір нәрсені қолқалап сұрап әуреледі, қинады; орынсыз талап, жөнсіз тілек қойды.* **Буынсыз тіл.** *Шешен сөз, шебер тіл.*

**БУЫН-ТҮЙІН** зат. сөйл. *Буыншақ-түйіншек.*

**БУЫНТАҚ: буынтақ сөз.** *Ұсақ-түйек сөз.*

**БУЫНТЫҚ** зат. сөйл. ***Буылтық.***

**БУЫНТЫҚТАЛ=** ет. сөйл. ***Буылтықтал.***

**БУЫНТЫҚТАЛУ** *Буынтықтал етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫНУ** *Буын етістігінің қимыл атауы; байлану.*

**БУЫНШАҚ** зат. *Буылған кішкене нәрсе, кішкене бума, түйіншек.*

**БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕК** зат. *Буылған, түйілген бірнеше зат.*

**БУЫНШАҚТЫ** сын. *Буыншағы бар, буыншақ көтерген.*

**БУЫНЫП-ТҮЙІН=** ет. *Жиналып-теріліу, жолға қамдану, әзірлену, даярлану.*

**БУЫНЫП-ТҮЙІНУ** *Буынып-түйін етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫП-ТҮЙ=** ет. **1.** *Бір нәрселерді жинастыру, орап-байлау.* **2.** ауыс. *Сөзін жинақтау, салмақтау.*

**БУЫП-ТҮЮ** *Буып-түй етістігінің қимыл атауы; жинастыру, түйіп, байлау.*

**БУЫРҚАН=** ет. **1.** *Өзен, көл, теңіз, мұхит толқындарының жағаға ұрып, көбік шашып, тасуы.* **2.** *Желдің, дауылдың өршелене, ұйтқи соғуы.* **3.** ауыс. *Бураның келеге түскен кезіндегі аузынан көбігін шашып құтырынуы.* **4.** ауыс. фольк. *Қаһарына міну, қатулану, ашулану.*

**БУЫРҚАНДЫР=** ет. *Тасыту, астан-кестен еткізу.*

**БУЫРҚАНДЫРУ** *Буырқандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫРҚАНТ=** ет. *Тасыту, бұрсандыру.*

**БУЫРҚАНТУ** *Буырқант етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫРҚАНУ** *Буырқан етістігінің қимыл атауы; тасу, қаһарына міну, қатулану.*

**БУЫРҚАНЫС** зат. *Іштей ширығушылық, зығыры қайнап қаһарланушылық.*

**БУЫРҚАСЫН** зат. сөйл. ***Бұрқасын.***

**БУЫРЛЫШ** зат. көне.

**БУЫРСАН=** ет. сөйл. ***Бұрсан.***

**БУЫРСАНУ** *Буырсан етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫРШЫН** зат. *Аруана мен үлектен туылған 4 жасар жас бура; інген бұзар.*

**БУЫРШЫНДАЙ** үст. *Буыршын сияқты, буыршын тәрізді.*

**БУЫРШЫНША** үст. *Буыршынға ұқсап, буыршын сияқты.*

**БУЫС=** ет. **1.** *Байласу, бірге байлау.* **2.** *Байлауға көмектесу, жинасу, түйісу.*

**БУЫСТЫР=** ет. *Жинастыру, буып-түйісу.*

**БУЫСТЫРУ** *Буыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**БУЫСУ** *Буыс етістігінің қимыл атауы; жинасу, байласу, түйісу.*

**БУ-ЭЛЕКТР**: **бу-электр стансысы.** *Энергияны будың күші арқылы өндіретін электр стансысы.*

**БҰ** сөйл. ***Бұл.***

**Бұ дүние.** сөйл. діни. *Осы дүние, жарық дүние, тіршілік, өмір.* **Бұ [бұл] дүниелік емес.** *Тіршілікте көп тұрмайды, көп ұзамай қайтыс болады деген мағынада қолданылатын сөз.* **Бұ күнде.** сөйл. *Осы кезде, қазіргі заманда.*

**БҰҒА** зат. жерг. *Дуалдың үстінен салынатын қамыс жиек.*

**БҰҒАЗ[1]** [ар. بغاز] зат. геогр. **1.** *Құрлықты, екі құрлықты, арал мен құрлықты, екі аралды бөліп, екі су алабын немесе олардың бөліктерін жалғастыратын дүниежүзілік мұхиттың енсіздеу бөлігі.* **2.** *Арал мен құрлықтың немесе құрлық пен құрлықтың екі арасын бөліп тұратын жіңішке су.*

**БҰҒАЗ[2]** түрік. зат. көне. *Тамақ, мойын, бұғақ.*

**БҰҒАЗДА =** ет. *Бауыздау.*

**БҰҒАЗДЫ** сын. *Бұғазы бар, бұғаз арқылы жалғасқан (теңіз, көл).*

**БҰҒАҚ** зат. *Адамның иек астындағы салпыңқы тусы, алқым еті.*

**Бұғағынан үзілді.** *Барынша өсіп жетілді, толысты, үлбіреді (қызға қатысты).* **Бұғақ ауруы.** мед. <лат. struma> *Қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру, жемсау ауруы.*

**БҰҒАҚТА=** ет. **1.** *Бұғағынан алу, алқымына жармасу.* **2.** ауыс. *Судың сай-жыраны, жылғажылғаны кемерлеп ағуы.*

**БҰҒАҚТАН=** ет. *Бұғақ пайда болу.*

**БҰҒАҚТАУ**: **бұқа бұғақтау.** *Бұғағы салбыраңқы.*

**БҰҒАҚТЫ** сын. *Бұғағы бар; алқым еті өскен.*

**БҰҒАЛТЕРЛІК** зат. сөйл. ***Бухгалтерлік.***

**БҰҒАЛЫҚ** зат. **1.** *Жылқы мен түйенің асауын ұстауға арналып, үш жағын ілмектеп, тұзақтап байлаған мықты қыл арқан.* **2.** ауыс. *Тосқауыл, күш, кедергі, қысым, тегеурін.*

**Бұғалығын ала қашты.** *Бас асаулық етті.* **Бұғалығын бұзды.** *Қысым қиянаттан құтылды, еркіндікке шықты.* **Бұғалық ала [алып] қашқан асаудай.** *Бас асаулық етті.* **Бұғалық әкететін, бойлауық жеріне жетті.** *Шегіне жетті, көздегеніне келді.* **Бұғалық салды.** а) *Тізгіндеді; қысым жасады.* ә) *Өз еркіне бағындырды.* б) *Тұзақ салды, қыспақта ұстады.* в) *Тоқтатты.* г) *Қол артты; күш көрсетті, қысымға алды.* **Бұғалық тастады.** *Асауға, қашағанға бұғалық салды, бұғалық лақтырды.* **Бұғалық түсті.** *Біреудің еркіне бағынды, тізгінделді, тежеуге түсті.*

**БҰҒАЛЫҚЖІП** зат. *Жылқыны бұғалықтауға арналған жіп.*

**БҰҒАЛЫҚСЫЗ** сын. *Бұғалығы жоқ; бұғалық салынбаған.*

**БҰҒАЛЫҚТА=** ет. **1.** *Асауға бұғалық салу, бұғалық тастау.* **2.** ауыс. *Ұстау, байлау, тұтқындау (адамға қатысты).*

**БҰҒАЛЫҚТАЙ** сын. *Бұғалық сияқты, бұғалық тәрізді.*

**БҰҒАЛЫҚТАЛ=** ет. **1.** *Мойнына бұғалық салыну, тізгінделу.* **2.** ауыс. *Бағындырылу.*

**БҰҒАЛЫҚТАТ=** ет. *Бұғалық салдырту, бұғалық тастату.*

**БҰҒАЛЫҚТАТУ** *Бұғалықтат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒАЛЫҚТАУ** *Бұғалықта етістігінің қимыл атауы; тарту, тежеу, жібермеу.*

**БҰҒАЛЫҚТАУШЫ** сын. *Тежейтін, тосқауыл болатын.*

**БҰҒАЛЫҚТЫ** сын. *Мойнында бұғалығы бар, бұғалық салынған.*

**БҰҒАЛЫҚ-ШЫРҒАЛЫҚ** зат. *Қыры мен сыры.*

**БҰҒАНА** зат. анат. <лат. clavicula> *Жауырын мен төс сүйекті байланыстырып тұратын иіліңкі сүйек; иық белдеуін құратын сүйектің бірі.*

**Бұғанасы бекіді [буыны қатып, бұғанасы бекіді].** *Өзіне-өзі келді, есейіп ержетті.* **Бұғанасы бекімеген.** а) *Буыны қатпаған, ержетіп есеймеген жас.* ә) *Тәжірибесі аз, жаңа қалыптасқан* **Бұғана қабырға.** *Қой-ешкінің бірінші қабырғасы.* **Бұғанасы қатпаған.** *Ержетпеген жас, жасөспірім.* **Бұғанасы қатты [буыны бекіп, бұғанасы қатты].** *Үлкейді, физиологиялық жағынан жетілді.*

**БҰҒАНАЛЫ** сын. *Мықты, қайратты, күшті.*

**БҰҒАТ[1]** зат. *Ғимарат қабырғасының төбе жағымен түйіскен кенері. Үй қабырғаларының жоғарғы жақ ернеуі.*

**БҰҒАТ[2]**: **бұғат жасау.** инф. <ағыл. disable> *Қандай бір құрылғыны жұмыстан ажырату.*

**БҰҒАТ-БҰҒАТ** зат. *Бірнеше бұғат; бұғаттарының бәрі.*

**БҰҒАТТАЛУ=** ет. инф. <ағыл. blocking> *Жанама бағдарламалауда – командалардың бір тізбегін әрі қарай орындауға оның тосқауылын алу үшін екінші тізбек қажетті команданы бермейінше тыйым салу.*

**Бұғатталған құжат.** инф. <ағыл. locked document> *Өзгертуге болмайтын мәтіндік процессорда пайдаланылатын файл.* **Бұғатталған процесс.** инф. <ағыл. blocked process> *Тиісті штаттамасы бар, бірақ қажетті ресурстың жоқтығынан әрі қарай орындалмайтын процесс.*

**БҰҒАУ** зат. **1.** *Қылмысты адамның екі қолына, аяғына кигізілетін, арасы шынжырмен қосылған металл шеңбер.* **2.** ауыс. *Тосқауыл.* **3.** ауыс. *Еріксіздік, құқықсыздық, тәуелділік, құлдық.*

**Бұғау жіп.** *Байлауға арналған жіп.* **Бұғау салды.** *Еркіне көндірді, бағындырды.* **Бұғауын үзді.** *Құрсаудан құтылды, еркіндікке шықты.*

**БҰҒАУДАЙ** сын. *Бұғау сияқты, бұғау тәрізді.*

**БҰҒАУ-ҚҰРЫҚ** зат. *Бұғау да, құрық та.*

**БҰҒАУЛА=** ет. **1.** *Бұғау салу, кісендеу, тұтқындау.* **2.** ауыс. *Тоқтату, тежеу.* **3.** ауыс. *Бағындыру, еркіне көндіру.*

**БҰҒАУЛАН=** ет. **1.** *Байлану, бұғау салыну.* **2.** ауыс. *Тежелу, тосқауылға ұшырау.*

**БҰҒАУЛАНУ** *Бұғаулан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒАУЛАТ=** ет. *Бұғау салдыру, кісендету.*

**БҰҒАУЛАТУ** *Бұғаулат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒАУЛАУ** *Бұғаула етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒАУЛЫ** сын. **1.** *Бұғау салынған, бұғауланған.* **2.** ауыс. *Тәуелді, бағынышты, еріксіз.*

**БҰҒАУСЫЗ** сын. **1.** *Қолында бұғауы жоқ, бұғауланбаған.* **2.** ауыс. *Тәуелсіз, еркін.*

**БҰҒРА** зат. көне. *Орта Азияда, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда және Шығыс Түркістанда билік құрған Яғыма тайпасынан тараған Қарахан әулеті билеушілерінің жалпы лауазымы.*

**БҰҒУ** *Бұқ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мойнын ішіне тығып, сәл еңкею, бойын жасыру.* **2.** ауыс. *Тығылу, қорғану.* **3.** ауыс. *Көзге түспеу, көрінбеу, үндемей қалу.*

**БҰҒЫ** зат. зоол. <лат. cervinae> *Таулы, орманды, жерді мекендейтін ашатұяқты, бұтақтанған үлкен мүйізді ірі жануар.*

**Бұғы белбеу.** *Бұғы терісінен істелген, қалың мықты, жалпақ белбеу.* **Бұғы қынасы.** бот. ***Бұғымүк.*** **Бұғы мойын.** *Жуан, күжірейген мойын.* **Бұғының мойын жуары.** этн. *Қазанның аяғы, қарашаның басында өтетін жауыншашынды амал.* **Бұғы тірсек.** *Жіңішке, ұзын тірсек.*

**БҰҒЫБАЙ** зат. көне. *Жастардың қашыпқуып ойнайтын ойыны.*

**БҰҒЫДАЙ** сын. **1.** *Бұғы сияқты, бұғы секілді.* **2.** ауыс. *Ірі, алпамсадай.*

**БҰҒЫЗ[1]** зат. кәс. *Диірменнің үстіңгі тасындағы бидай түсіп тұратын кең тесік.*

**БҰҒЫЗ[2]** зат. жерг. *Күректің, кетпеннің сабы кіріп тұратын ұңғысы.*

**БҰҒЫЛ=** ет. *Көрінбей тығылу, жасырыну.*

**БҰҒЫМАЛА** зат. вет. *Жылқы төлінде болатын ауру.*

**БҰҒЫ-МАРАЛ** зат. *Бұғы мен маралдың жиынтық атауы.*

**БҰҒЫМҮЙІЗ** зат. өс. *Бұтақтары бұғы мүйізді секілді тарбиып келетін, майда гүлді өсімдік.*

**БҰҒЫМҮК** зат. бот. *Тундрада, торф өсетін батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті өте майда бұта.*

**БҰҒЫН=** ет. **1.** *Бұғу, бүктетілу, бүгілу, тығылу, бой тасалау.* **2.** ауыс. *Жасырыну, білдірмеу, көрінбеу.*

**БҰҒЫНАЙ** зат. ойын. *Көпшілік болып ойналатын, ептілік, елгезектік, жылдамдық сыналатын ұлттық ойын түрі.*

**БҰҒЫНБАҚ** зат. ойын. сөйл. ***Жасырынбақ.***

**БҰҒЫНУ** *Бұғын етістігінің қимыл атауы; жасырыну, тығылу.*

**БҰҒЫНШАҚТА=** ет. **1.** *Әлсін-әлі бұғыну, бұғынықырау.* **2.** *Жасырыну, тығылыңқырау.* **3.** ауыс. *Қысылу, қымсыну; көзін тайдыру.*

**БҰҒЫНШАҚТАУ** *Бұғыншақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒЫНЫС=** ет. *Тығылу, жасырыныса қалу.*

**БҰҒЫНЫСУ** *Бұғыныс етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒЫҢҚЫ** сын. **1.** *Иеніңкі.* **2.** *Ашық емес, жасырын.* **3.** ауыс. *Елеусіз, көмескі.*

**БҰҒЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Аздап бұғу, жасырыңқырау.* **2.** ауыс. *Көрінгісі келмеу, тыныштық тілеу.*

**БҰҒЫҢҚЫРАУ** *Бұғыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒЫРДАҚ** зат. сөйл. жерг. ***Кеңірдек.***

**БҰҒЫРЛАУЛЫ** сын. *Бұраулы, ораулы.*

**БҰҒЫС=** ет. **1.** *Жасырынысу, тығылысу.* **2.** ауыс. *Үндемеу, тасада қалысу, көзге түспеу.*

**БҰҒЫСУ** *Бұғыс етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒЫТЫ** зат. өс. *Таулы, тасты жерде өсетін өсімдік.*

**БҰҒЫХАНА** зат. *Бұғы бағатын бақташылар тұратын күрке, баспана.*

**БҰҒЫШ** зат. сөйл. *Бір нәрсені буатын жіп (қайыс).*

**БҰҒЫШАҚ** зат. муз. *Үрлеп ойнайтын саз аспабы.*

**БҰҒЫШЫ** зат. *Бұғы бағатын бақташы.*

**БҰҒЫШАРУАШЫЛЫҚ** зат. *Бұғы өсірумен айналысатын шаруашылықтың бір саласы.*

**БҰДАН** шыл. *Бұл кезден, бұл арадан.* **Бұдан бұлай.** сөйл. ***Бұдан былай.*** **Бұдан [мұнан, осыдан] былай.** *Алдағы уақытта, ендігі жерде.* **Бұдан былайғы.** *Аталған (көрсетілген) мерзімнен кейінгі (бергі), болашақтағы, алдағы.* **Бұдан кейін.** *Мұнан соң, осыдан былай.*

**БҰДЫР[1]** зат. **1.** *Төбешікті, шоқытты жер.* **2.** *Жазық, тегіс жердегі шығыңқы жер, ой-қыр.* **3.** *Бұта, тас, төбе т.б. осы сияқты көз сүрінер, көңіл тоқтатар зат; тұлдыр.* **4.** сөйл. ***Бедер.***

**БҰДЫР[2]** сын. **1.** *Тегіс емес, бұжыр.*

**БҰДЫРАЙ=** ет. *Бұдыр болу, бүртию.*

**БҰДЫРАТ=** ет. *Бұдыр-бұдыр қылдыру, томпайту.*

**БҰДЫРАЮ** *Бұдырай етістігінің қимыл атауы.*

**БҰДЫР-БҰДЫР** сын. *Тегіс емес, кедір-бұдыр.*

**БҰДЫРҚАЙ** сын. *Кедір-бұдыры көп, бұдырлау, бұдыр-бұдыр.*

**БҰДЫРЛА=** ет. сөйл. ***Бедерлеу.***

**БҰДЫРЛАН=** ет. **1.** *Томпаю, біліну, кедір-бұдырлану.* **2.** *Бұдыр-бұдыр болу.*

**БҰДЫРЛАНУ** *Бұдырлан етістігінің қимыл атауы; тегіс болмай, томпаю.*

**БҰДЫРЛАУ[1]** сын. *Аздаған бұдыры бар.*

**БҰДЫРЛАУ[2]** *Бұдырла етістігінің қимыл атауы.*

**БҰДЫРЛЫ** сын. **1.** *Жоталы, төмпешікті, тегіс емес.* **2.** *Бұдыры бар, бұдыры көп.*

**Бұдырлы сөз.** *Ашық айтылмаған, астары бар сөз.*

**БҰДЫРМАҚ[1]** сын. **1.** *Бұдыр-бұдыр; тегіс емес. // Жер бетіндегі кедір-бұдыр, онша үлкен емес ой-шұңқыр.*

**БҰДЫРМАҚ[2]** зат. *Терінің сыртындағы томпайған жер, түйін.*

**Бұдырмақ қайың.** *Қайыңның бір түрі.*

**БҰДЫРМАҚТАЛ=** ет. *Бұжырлану, кедір-бұдырлану.*

**БҰДЫРМАҚТАЛУ** *Бұдырмақтал етістігінің қимыл атауы.*

**БҰДЫРМАҚТАН=** ет. *Бұжырлану, кедір-бұдырлану.*

**БҰДЫРМАҚТАНДЫР=** ет. *Бір нәрсені тегіс емес кедір-бұдыр күйге айналдырту.*

**БҰДЫРМАҚТАУ** сын. *Бұжырлау, бұдырлау.*

**БҰДЫРМАҚТЫ** сын. *Бұдырмағы бар, бұдырлы.*

**БҰДЫРМАҚТЫЛАУ** сын. сөйл. *Аздап бұдырлау.*

**БҰДЫРМИЯ** зат. бот. <лат. clycyrrhiza aspera> *Бұршақ тұқымдасы мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰДЫРСЫЗ** сын. **1.** *Бұдыры жоқ, теп-тегіс.* **2.** ауыс. *Берекесіз, сұйық.*

**БҰДЫРСЫЗДЫҚ** зат. *Тегістік, жазықтық, бұдыры жоқтық.*

**БҰЖ**: **бұж қара.** *Үлкен, дәу қара. // Ірі денелі, қара адам.*

**БҰЖБАН[1]** сын. сөйл. ***Божбан.***

**БҰЖБАН[2]** зат. сөйл. ***Бұжы.***

**БҰЖ-БҰЖ** сын. сөйл. ***Бұжыр-бұжыр.***

**БҰЖҒЫН** зат. өс. *Тамыршөп, құрқашаштың сортаңды, сорлы жерлерде өсетін түрі.*

**БҰЖЫ** зат. жерг. *Бүйеннің ішіне жаңа сойылған қойдың, ешкінің етін, іш май тығып істеген үлкен шұжық.*

**БҰЖЫҒЫН** зат. жерг. *Төмпешік жерге шығатын шөп.*

**БҰЖЫР** сын. **1.** *Тегіс емес, кедір-бұдыр, айқұш-ұйқыш.* **2.** *Бұдыр-бұдыр, қотырланған. // Шешек ауруынан қалған адам бетіндегі дақ, таңба. // Бұжыр бет адам.*

**Бұжыр бет.** *Беті тегіс емес, дақ, таңбасы көп (адам).*

**БҰЖЫРА[1]** зат. кәс. *Үш жағында бұрандасы бар етікші құралы.*

**БҰЖЫРА[2]** зат. сөйл. *Аттың тізгінін көтеріп байлайтын доғадағы шығыршық.*

**БҰЖЫРБАС** зат. өс. *Шөл далалы жерлерде өсетін, сабағы тік, қызғылт түсті, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰЖЫР-БҰЖЫР** сын. **1.** *Бұдырайған, шығыңқы.* **2.** *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* **3.** *Шешек дағы бар, бұжыры көп (бет).*

**БҰЖЫРДӘН** зат. бот. <лат. taphrospermum> *Орманжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰЖЫРЛА=** ет. *Бұжыр күйге келтіру, бұлдіру, әркелкі ету.*

**БҰЖЫРЛАН=** ет. сөйл. ***Бұдырлану.***

**БҰЖЫРЛАУ[1]** сын. *Аздап бұжыры бар.*

**БҰЖЫРЛАУ[2]** *Бұжырла етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЖЫРЛЫ** сын. *Бұжыры бар, тегіс емес, кедір-бұдырлы.*

**БҰЖЫРЛЫҚ** зат. *Бұжыр нәрсеге тән қасиет, бұжыр болушылық.*

**БҰЖЫРМАҚ** сын. *Бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр.*

**БҰЖЫРМАҚТА=** ет. *Бұжырлау, бұжырмақ ету.*

**БҰЖЫРМАҚТАЛ=** ет. *Бұжырлану, бұдырлану.*

**БҰЖЫРМАҚТАН=** ет. *Кедір-бұдырлану, бұжырлану.*

**БҰЖЫРМАҚТАУ** *Бұжырмақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗ=** ет. **1.** *Қирату, сындыру, талқандау.* **2.** *Бір нәрсенің тұтастығын, бүтіндігін құрту; тесіп өту.* **3.** *Бүлдіру, істен шығару.* **4.** *Бір нәрсені бөлшектеу.* **5.** *Малдың етін мүше-мүшеге бөлу, жіліктеу, боршалау.* **6.** *Біркелкі күйді (жағдайды), дағдылы, үйреншікті қалпынан өзгерту.* **7.** *Дұрыс қалыпты, үйлесімді ырғақты, жарасымды келістілікті құрту, өзгерту.* **8.** ауыс. *Біреуді азғыру, айныту, жақсы қасиеттерден айыру, аздыру, жаман жолға түсіру.*

**Бұзбай пісірді.** *Аңның етін мүшелемей тұтастай пісірді.* **Бұзып өту телімі.** әск. *Құрама бөлімнің шабуыл шебінің бір бөлігі.*

**БҰЗА-ЖАР=** ет. *Киіп-жару, баса-көктеу, кимелеу.*

**БҰЗА-ЖАРУ** *Бұза-жар етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗАҚАР** сын. сөйл. ***Бұзақы.***

**БҰЗАҚЫ** сын. *Бұзық, сотқар, тентек. // Бұзық адам, сотқар кісі.*

**БҰЗАҚЫ-БҮЛІК** зат. *Басбұзарлық, тентектік, ханкестік.*

**БҰЗАҚЫЛАУ** сын. *Бұзықтау, тентектеу, сотқарлау.*

**БҰЗАҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бұзақы болушылық, бұзықтық, сотқарлық.* **2.** заң. <ағыл. hooliganism> *Қылмыстық құқықта қоғамдық тәртіпті өрескел бұзатын және қоғамға астамшылық танытатын қасақана іс-әрекет жасаушылық.*

**Бұзақылыққа құрық берді.** *Сотқарлыққа, басбұзарлыққа, бейбастыққа жол берді, бұзықтыққа қолдау көрсетті.*

**БҰЗАР-ТҮЗЕР** зат. *Шабындықтарда, су жағаларында өсетін дәрілік өсімдік.*

**БҰЗАУ** зат. *Сиыр, марал т.б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі.*

**Бұзау баз [база].** ауылшар. *Сиыр өсіруші үлкен шаруашылықтағы бұзауға арналған құрылыс.* **Бұзау еті.** *Сойылған бұзаудың жеуге жарамды, тағамдық еті.* **Бұзау жалағандай.** *Жып-жылтыр, теп-тегіс.* **Бұзау көз [көздеу].** *Өлімсіреген, мөлиген, жанарсыз көз.* **Бұзау қайтарды.** сөйл. *Жайылымдағы бұзауларды айдап әкелді.* **Бұзау қора.** *Түнге қарай бұзауларды бөлектеп қамап ұстайтын қора.* **Бұзау қорадай.** *Көң сасыған, ауасы тар.* **Бұзау мұрын.** сөйл. *Жалпақтау, таңқы мұрын.* **Бұзау салмағындай.** *Жеңіл, салмағы ауыр емес.* **Бұзау тастады.** *Сиыр малы іш тастады.* **Бұзау тұмсық [мұрын].** *Мұрны жалпақтау келген, таңқы танау (адам).* **Бұзауы өлген сиырдай.** *Жоқтан үміттеніп, бір жаққа (нәрсеге) алаңдап, әрі-сәрі күй кешкен.*

**БҰЗАУБАЛЫҚ** зат. зоол. сөйл. ***Бұзаубас балық.***

**БҰЗАУБАС[1]** зат. зоол. <лат. gryllotalpidae> *Үлкендігі 5-6 см-дей, басы жалпақ (үлкен) алдыңғы аяқтарымен жер қазатын, түсі сары, қоңыр тікқанаттылар отрядына жататын зиянды жәндік.* **Бұзаубас балық.** зоол. <лат. gobiidae> *Теңіздерде, ащы суларда тіршілік ететін, дене тұрқы 50 см-ден аспайтын, басы жалпақ алабұға отрядына жататын балық.*

**БҰЗАУБАС[2]** зат. өс. <halimocnemis villosa> *Құмды жерде өсетін, алабота тұқымдасына жататын биіктігі 3-25 см-дей, малға жұғымды шөп.*

**БҰЗАУБАС[3]** сын. *Басы добалдай, жалпақ.*

**Бұзаубас етік.** *Жалпақ, моқал басты, қонышты аяққиім.*

**БҰЗАУДАЙ** сын. *Бұзау сияқты, бұзау тәрізді.*

**Бұзаудай бақты.** *Көзден таса қылмай, үнемі бақылауда ұстады.*

**БҰЗАУҚАН=** зат. экспр. *Жаңа туылған жас бұзауды жақсы көру, еркелету мәніндегі сөзқолданыс.*

**БҰЗАУҚАНША** үст. *Бұзауқанға ұқсап, бұзауқан тәрізді.*

**БҰЗАУЛА=** ет. *Сиыр, марал, бұлан сияқты жануарлардың төлдеуі, тууы.*

**БҰЗАУЛАТ=** ет. *Сиырды төлдету, бұзауын тұғызып алу.*

**БҰЗАУЛАТУ** *Бұзаулат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗАУЛАУ** *Бұзаула етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗАУЛЫ** сын. *Бұзауы бар.*

**Бұзаулы сиыр**. *Төлдеген, бұзауы бар сиыр.*

**БҰЗАУЛЫҚ** зат. жерг. *Бір кісілік шағын, жеңіл шана.*

**БҰЗАУӨРМЕ** зат. сөйл. ***Бұзаутіс.***

**БҰЗАУӨРІМ** зат. сөйл. ***Бұзаутіс.***

**БҰЗАУСЫЗ** үст. *Бұзауы жоқ; бұзау салынбай.*

**БҰЗАУТАЗ** зат. вет. <лат. trichophytia> *Барлық малда кездесетін жұқпалы тері ауруы.*

**БҰЗАУ-ТАЙЫНША** зат. *Сиыр төлдері, бұзаулар мен тайыншалардың жиынтық атауы.*

**БҰЗАУ-ТОРПАҚ** зат. *Сиырдың бір жасқа толмаған төлі.*

**БҰЗАУТІС**[1] зат. этн. *Ірі қылып өрген қамшы.*

**Бұзаутіс қамшы.** этн. *Жалпақтығы 60–70 миллиметрдей таспадан өрілген, он екі өрімдік дырау қамшы.*

**БҰЗАУТІС**[2] зат. көне. қолөнер. *Инемен әсемдеп тігу әдісі немесе екі жапсарды қосатын тігіс.*

**Бұзаутіс қалып.** қолөнер. *Жүзі араның тістері сияқты балта нұсқасы бар зергерлік қалып.*

**БҰЗАУТІС**[3] сын. *Ірі, салалы.*

**БҰЗАУХАНА** зат. *Бұзау қамалатын қора.*

**БҰЗАУША** үст. *Бұзау тәрізді, бұзауға ұқсап.*

**Бұзауша мөңіреді.** *Қыспақ көріп, қиналды; жазаланды; қысым жасалды.*

**БҰЗАУШЫ** зат. *Бұзау бағушы.*

**БҰЗАУШЫҚ**[1] зат. көне. *Сақарға май қосып қайнатып жасаған қара сабынның кішірек бөлшегі.*

**БҰЗАУШЫҚ**[2] зат. сөйл. ***Бұзауқан.***

**Бұзаушық бас.** *Домалақ, жұмыр кішкентай бас.*

**БҰЗАУШЫҚТАЙ** сын. *Бұзаушық сияқты, бұзаушық тәрізді, кіп-кішкентай.*

**БҰЗАУШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Бұзаушы болушылық, бұзау бағушылық.*

**БҰЗАУШІМГЕН** зат. өс. *Таудың күнгей беттерінде, тастақты жерлерде кездесетін, ұзындығы 20-40 см-дей ақ шөп.*

**БҰЗБА** сын. *Бұзғыш, арандатушы.*

**БҰЗБАША** зат. түйешар. *Келеге салуға жарап қалған жас інген.*

**БҰЗБАСТАЙ** үст. *Қиратпастай, талқандамастай.*

**БҰЗҒЫЗ=** ет. *Біреуге бір нәрсені қиратқызу.*

**БҰЗҒЫЗУ** *Бұзғыз етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗҒЫН** сын. *Бұзық, нашар, теріс (қылық).*

**БҰЗҒЫНША** зат. бот. <лат. galla> *Өсімдік бойындағы паразит ағзалардың тіршілігіне байланысты оның мүшелеріне бұжырланып шығатын өскіндер.*

**Бұзғынша кене**. зоол. <лат. galla acari> *Өсімдік жапырақтарымен, қабығымен қоректенетін өрмекші тектестер тобы, кенелер отрядының бір тұқымдасы бұзғынша паразитін таратушы кішкене зиянкес жәндік.* **Бұзғынша нематодасы.** зоол. <лат. galla, грек. nematos> *Дене тұрқы жіп немесе ұршық тәрізді, кейбір түрлері өсімдік, жануарлар мен адам паразиті болып келетін төменгі сатыдағы құрттар тобы.*

**БҰЗҒЫНШЫ**[1] зат. бот. <грек. kommidion> *Қабығы зақымданған кезде кейбір ағаштардан бөлінетін желім тәрізді сұйық зат, шайыр.*

**БҰЗҒЫНШЫ**[2] зат. жерг. *Қиратушы, бүлдіруші, іріткі салушы.*

**БҰЗҒЫШ** сын. **1.** *Бір нәрсені бұзатын (зат), қиратқыш.* **2.** ауыс. *Пейілі жаман, қаранеит, бөлекор (адам).*

**Бұзғыш айғыр.** *Айғырдан шыққан биеге еріксіз шауып, құлынын тастататын зиянкес айғыр.*

**БҰЗДАЙ** сын. сөйл. жерг. ***Мұздай.***

**БҰЗДЫҒАН** зат. *Басы алты не сегіз қырлы (әр қырының арасы тілімделіп ойылады) болып келетін, темірден жасалатын шоқпардың жеңіл түрі.*

**БҰЗДЫР=** ет. **1.** *Бүтін нәрсенің шетінен алдыру, тұтастығынан айырғызу.* **2.** *Етті мүшелету.* **3.** *Қираттыру, талқандату.* **4.** *Бір нәрсені бөлшектету.* **5.** ауыс. *Өзге адамның ойын, көңілін қасақана, әдейі өзгертуге күш салу, теріс әсер ету.*

**БҰЗДЫРТ=** ет. *Өзгерттіру.*

**БҰЗДЫРТУ** *Бұздырт етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗДЫРУ** *Бұздыр етістігінің қимыл атауы; өзгерту.*

**БҰЗУ** *Бұз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қирату, шағу, бүлдіру; құлату.* **2.** *Бір нәрсені бөлшектеу, бөлек-бөлек етіп тарату.* **3.** ауыс. *Берекесін алу, ауызбіршілігінен, тұтастығынан айыру.* **4.** ауыс. *Қандай да бір тәртіпті, қалыптасқан заңды орындамау, одан ауытқу.*

**БҰЗУСЫЗ** сын. *Бұзылмаған, мүшеленбеген, бөлшектенбеген, бүтін күйіндегі.*

**БҰЗУШЫ** зат. *Бір нәрсені қиратып-сындыратын, бүлдіретін адам.*

**БҰЗУШЫЛЫҚ** зат. *Бұзғандық, бұзу әрекетін істеушілік (бүлдірушілік).*

**БҰЗЫҚ** зат. вет. *Мал ауруы.*

**БҰЗЫҚ** сын. **1.** *Міні бар, бүлінген, ақаулы.* **2.** ауыс. *Бұзақы, сотқар, сотанақ (адам).* **3.** ауыс. *Арам, қаранеит, азғынданған.* // жағымсыз. *Азған, ахлақ жолынан тайған адам.* // жағымды. *Ерке, тентек бала деген мағынада.*

**Бұзық көңіл [ой].** *Қаранеит, азғындық; теріс, жаман пиғыл.* **Бұзық рабай.** *Немқұрайлы, немкетті сыңай, «бірі өліп, бірі қалсын» деген пиғыл.*

**БҰЗЫҚ-ТҮЗІК** сын. *Оң немесе теріс, бұзық я түзу, екеуінің біреуі.*

**БҰЗЫҚ-ТҮЗІКТІК** зат. *Бұзық я түзік, жарамды немесе жарамсыз болушылық.*

**БҰЗЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Бұзық болушылық, бұзақылық, тентектік, сотқарлық, басбұзарлық.* **2.** *Бейәдеп қылық көрсетушілік, бейалақтық, азғандық, азғындық.*

**БҰЗЫҚШӨП** зат. сөйл. жерг. ***Арамшөп.***

**БҰЗЫҚШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Бүлікшілік, теріс жол.*

**БҰЗЫЛ=** ет. **1.** *Бүліну, шіру, құртылу.* **2.** *Қалыпты күйінен ауытқу, өзгеру.* **3.** ауыс. *Айтқанынан, ойынан, дітінен айну.* **4.** ауыс. *Дертке шалдығу, науқастану.* **5.** ауыс. *Нұқсан келу, күйреу.*

**БҰЗЫЛҒАН** сын. *Жаман жолға түскен, азған (адам).*

**БҰЗЫЛҒЫШ** сын. *Тез өзгергіш, бұзылуға бейім.*

**БҰЗЫЛМАЛЫ** сын. *Бұзыла беретін.*

**БҰЗЫЛУ**[1] зат. **1.** физ. <лат. destruction> *Сыртқы немесе ішкі кернеу әсерінен болатын кинематикалық процесс.* **2.** геог. <лат. corrosio> *Сыртқы физикалық факторлар әсерінен тау жыныстарының мүжіліп, бүлінуі.*

**БҰЗЫЛУ**[2] *Бұзыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қирау, талқандалу.* **2.** *Белгілі бір ұстанымдардың, қалыпты тәртіптің орындалмауы.* **3.** *Жаман жолға түсу.* **4.** кіт. *Процестің, дене қызметінің және тағы сол сияқтылардың дұрыс, қалыпты, нормалы күйден ауытқуы, нашарлауы.*

**БҰЗЫЛЫҢҚЫ** сын. *Аздап бұзылған, тұрақты емес, өзгеріңкі.*

**БҰЗЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап өзгеру, сәл бұзылу.*

**БҰЗЫЛЫҢҚЫРАУ** *Бұзылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗЫЛЫП-ЖАРЫЛ=** ет. *Орнына келместей болып, бүліну.*

**БҰЗЫЛЫС** зат. *Бұзылғандық, бүлінгендік, өзгеріс.*

**Бұзылыстар белдемі.** геол. *Тектоникалық жарылымы көп аймақ.*

**БҰЗЫМПАЗДЫҚ** зат. геогр. *Табиғат құбылыстарының әсерінен теңіз суының тасуы және қайтуы кезінде болатын процесс; абразия.*

**БҰЗЫҢҚЫРА=** ет. *Бұза түсу, бүлдіріңкіреу; өзгертіңкіреу.*

**БҰЗЫП-ЖАР=** ет. **1.** *Бұзу, талқандау, қирату.* **2.** *Жарып өту, қақ бөлу, кимелеу.* **3.** ауыс. *Бірден көзге түсті, айқындалды.*

**БҰЗЫП-ЖАРУ** *Бұзып-жар етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЗЫС=** ет. *Бірге бұзу, мүшелеу, бөлісу.*

**БҰЗЫСУ** *Бұзыс етістігінің қимыл атауы; етті жайғасу, мүшелеп бөлісу.*

**БҰЙҒЫН** сын. сөйл. жерг. ***Бұйығы.***

**БҰЙДА** зат. **1.** *Түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын ұзындығы 2-3 құлаштай бас жіп; бау.* **2.** ауыс. *Тізгін, билік.*

**Бұйда берді.** *Еркін, ықтиярын біреуге беріп, не де болса көнді.* **Бұйда бермеді.** *Көнбеді, билетіп-төстетпеді.* **Бұйда жіп.** *Түйенің, өгіздің мұрындығынан өткізіп, жетектеуге арналған бау (жіп).* **Бұйда пышақ.** *Үлкен пышақ.* **Бұйда сіңір.** анат. *Буын аралығында сүйек пен сүйекті жалғап тұрған сіңірлер.* **Бұйда сіңірі үзілді.** *Буын аралығын жалғап тұрған сіңір зақымдалды.* **Бұйда тартты.** а) *Мұрындығына бұйда жіп өткізілген малды (қосақтап) байлау.* ә) *Сапарға шықты, жол тартты.* **Бұйдасын мойнына іліп қоя берді [салып жіберді].** *Бетінен қақпады, еркіне жіберді.*

**БҰЙДАГЕР** зат. **1.** ***Бұйдакеш.*** **2.** ауыс. *Жетекші, дем беруші, көшбасшы, ұйытқы, ұйымдастырушы.*

**БҰЙДАЙ** зат. көне. ***Бидай.***

**БҰЙДАЙБАС** зат. бот. *Мал азығына жарамсыз, арамшөп түрі.*

**БҰЙДАКЕНДІР** зат. бот. <лат. abutilon> *Құлқайыр тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік немесе көпжылдық бұта.*

**БҰЙДАКЕШ** зат. **1.** *Бұйдалы түйені алып жүруші (адам).* **2.** ауыс. *Жетекші, басқарушы, жолбасшы.*

**БҰЙДАЛА=** ет. **1.** *Бұйда тағу, малды мұрындығынан жіп өткізіп байлау.* **2.** ауыс. *Өз ырқына көндіру, билеп алу; еркінен айыру.* **3.** ауыс. *Техниканың тілін білу, қыр-сырын меңгеру.*

**Бұйдалаған [бұйдалы] тайлақтай.** *Біреудің айтқанына бас ұлғып, көніп, еріп жүре беретін тізе бүккіш, тіл алғыш, мойынсұнғыш.*

**БҰЙДАЛАН=** ет. **1.** *Мұрындығына жіп тағылу, байлану.* **2.** ауыс. *Еркінен айырылу, еріксіз шырмалып, біреудің уысына түсу, жетегінде кету.*

**БҰЙДАЛАНУ** *Бұйдалан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙДАЛАС=** ет. *Біреуге малды байлауға (бұйдалауға) көмектесу.*

**БҰЙДАЛАСУ** *Бұйдалас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙДАЛАТ=** ет. *Түйе, өгіздің мұрындығына жетек жіпті таққызу, байлату.*

**БҰЙДАЛАТУ** *Бұйдалат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙДАЛАУ** *Бұйдала етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙДАЛЫ** сын. **1.** *Бұйда тағылған, бұйдасы бар.* **2.** ауыс. *Бас еркіндігі жоқ, көнбіс, шарасыз (адам).*

**Бұйдалы тайлақтай [тайлақ секілді].** *Біреудің айтқанына көніп, еретін, тіл алғыш, мойынсұнғыш.*

**БҰЙДАПЫШАҚ** зат. *Жүзі жалпақтау, жетелі ұзын пышақ; қару.*

**БҰЙДАЛЫҚ** сын. *Бұйда боларлық, бұйда жіп етуге жарарлық.*

**БҰЙДАСЫЗ** сын. **1.** *Бұйдасы жоқ, бұйда тағылмаған.* **2.** ауыс. *Салт басты, бойдақ, өз еркі өзінде.*

**БҰЙҚЫТ** үст. жерг. **1.** *Кенеттен, тұтқиылдан, күтпеген жерден.* **2.** *Тыныш, бейқам жатқан, бейбіт.*

**Бұйқыт соғу.** жерг. *Кенеттен, тұтқиылдан тиісу, күтпеген жерден соққы беру.* **Байқұт соқты [тиді].** жерг. *Кенеттен, тұтқиылдан тиісті, күтпеген жерден соққы берді.*

**БҰЙРА** зат. жерг. *Тау адыры.*

**БҰЙРА¹** сын. **1.** *Тік емес, ширатылған, бұралған (шаш, елтірі жүні). // Бұйралық күй.* **2.** ауыс. *Бірыңғай әдемі көріністі, толқынды.*

**Бұйра бұлт [бұлттай].** поэт. *Шұбалаңдаған, шудаланған, әдемі көрініс беретін бұлт.* **Бұйра бірқазан.** зоол. <лат. pelecanus crispus> *Ескекаяқтылар отряды, бірқазандар тұқымдасына жататын желке қауырсындары бұйраланып келетін ірі су құсы.* **Бұйра дыбыс.** *Қою дыбыс.* **Бұйра жал [жалды].** *Белес-белес, жал-жал, әдемі.* **Бұйра жүнді қозы**. *Қаракөл қойының төлі.* **Бұйра қисықиық.** өс. *Шөптесін өсімдік атауы.* **Бұйра құм.** *Толқынды, сусымалы шағыл құм.* **Бұйра [көк бұйра] насыбай.** *Өте сапалы, ширатылған насыбай.* **Бұйра тал.** бот. *Көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақтары уақ тал түрі.* **Бұйра [ақ бұйра, қара бұйра] толқын.** поэт. *Көбік шашқан, жал-жал толқын.* **Бұйра шай.** *Түйіршіктелмеген, жапырақ шайдан демделген ыстық шай.* **Бұйра шаш [бас, шашты].** *Шашы тік емес, бұйраланған, толқындана өскен адам.*

**БҰЙРА²** зат. өс. *Бұйражапырақ.*

**БҰЙРАБАС** зат. өс. *Гүлшоғыры бұйра, иісі күшті, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰЙРА-БҰЙРА** сын. *Көп, қалың, бұйраланған.*

**БҰЙРАГҮЛ** зат. бот. *Ұшы гүлмен аяқталатын, негізгі гүлсағақтың түбінен шығатын жанама гүлсағақтардың бірінен соң бірі дамып, гүлдері тек бір бағытқа қарай иіліп өсетін гүлшоғыр.*

**БҰЙРАЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. marrubium> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын, балшырынды дәрілік өсімдік.*

**БҰЙРАЗЫҒЫР** зат. бот. <лат. linumhumile> *Биіктігі 30-50 см-дей бұйра жапырақты зығыр тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік түрі.*

**БҰЙРАКӨБЕЛЕК** зат. зоол. <лат. orgyidae> *Көбелектер отрядына жататын ауылшаруашылығының зиянкесі.*

**БҰЙРАҚҰЛҚАЙЫР** зат. бот. < лат. malvacedecrispa> *Әсемдік үшін, дәрі-дәрмек, мал азығы және тағам ретінде өсірілетін өсімдік.*

**БҰЙРАҚЫЛША** зат. бот. <лат. ephedraceae> *Негізінен далалы, құмды, тастақты өңірлерде өсетін өсімдік.*

**БҰЙРАЛА=** ет. **1.** *Бұйра жасау, бұйра ету; бұйралық күйге келтіру.* **2.** ауыс. *Әдемі түрге түсіру (келтіру); сәл ғана толқын туғызу.*

**БҰЙРАЛАН=** ет. **1.** *Бұйра күйге түсірілу, бұйра-бұйра болу.* **2.** ауыс. *Толқындану, иректелу.*

**БҰЙРАЛАНУ** *Бұйралан етістігінің қимыл атауы, толқындану, иректелу.*

**БҰЙРАЛАТ=** ет. *Шашты жасанды түрде иректету, толқындандыру.*

**БҰЙРАЛАТУ** *Бұйралат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙРАЛАУ¹** сын. *Аздап ширатылған, сәл ғана бұйра.*

**БҰЙРАЛАУ²** *Бұйрала етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙРАЛЫ** сын. *Бұйрасы мол, толқынды.*

**БҰЙРАЛЫҚ** зат. *Оралғыштық, ширатылғыштық қасиет; бұйра болушылық.*

**БҰЙРАСОРАҢ** зат. бот. <лат. halogeton> *Сабағы көкшіл сұр, түбінен тармақталып өсетін, биіктігі 30-40 см, біржылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰЙРАТ** зат. **1.** *Төбелері дөңгеленіп келген, созылып жатқан қырқа, адыр.* **2.** геогр. *Төбесі жұмырланып келіп, беткейі аз тілімденген, созылған аласа жота, қырат түріндегі жер бедерінің бір формасы.*

**Бұйрат құм.** *Қырқа-қырқа, төбе-төбе, өркеш-өркеш құм.*

**БҰЙРАТ-БҰЙРАТ** сын. *Бұйраты көп, бұйраттанған.*

**БҰЙРАТАЛ** зат. өс. сөйл. *Көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақтары уақ тал түрі.*

**БҰЙРАТОРҒАЙ** зат. зоол. *Сайрауық құстың бір түрі.*

**БҰЙРАТОТЫ** зат. зоол. <лат. melopsittacus undulatus> *Тоты тұқымдасына жататын, қауырсыны түрлі-түсті тропиктік орман құсының бір түрі.*

**БҰЙРАТТАН=** ет. *Бұйратқа айналу.*

**БҰЙРАТТАНУ** *Бұйраттан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙРАТТАУ** сын. *Аздап бұйрат, сәл ғана бұйрат.*

**БҰЙРАТТЫ** сын. *Бұйраты бар, бұйрат жерлері мол.*

**БҰЙРАТША** зат. *Кішкене бұйрат.*

**БҰЙРАТЫЛ** ет. сөйл. ***Бұратыл.***

**БҰЙРЫҚ¹** зат. **1.** ресми. әск. *Мемлекеттік, мемлекеттік емес әкімшілік, басқару шені жоғары әскери орындар тарапынан берілетін ресми әмір, басқару актісі.* **2.** *Біреудің әмірі, әкімі.* **3.** діни. *Алла тағаланың нәсіп еткені, Құдайдың салғаны; жазмыш.*

**Бұйрығынан бас бұрды.** *Әмірін орындаудан бас тартты, құзырына бағынбады.* **Бұйрық алды.** *Нұсқау, жарлық алды.* **Бұйрық берді [етті, қылды].** *Әмір етті, жарлық қылды, бұйырды.* **Бұйрық болса.** *Бұйырса, сәті түссе.* **Бұйрық дәмін татқызды.** *Алла нәсіп етті.* **Бұйрық жетті.** діни. *Ажал төнді, дүниеден озар сәт келді.* **Бұйрық рай.** лингв. <лат. imperativus> *Әрекетті орындауға шақыруды, тыңдаушыны қимыл-әрекетке итермелеуді білдіретін етістік формасы.* **Бұйрық салды.** *Әмір етті, бұйырды.* **Бұйрық хабар.** *Орындау керек деген белгі, орындалуға тиіс әрекет туралы ақпарат.*

**БҰЙРЫҚ²** зат. көне. *Көне түркі қағанаттары мен тайпалық одақтарындағы лауазым.*

**БҰЙРЫҚ-ЖАРЛЫҚ** зат. *Басқару органдарының атқару процесіндегі әр алуан бұйрық пен жарлық, нұсқау.*

**БҰЙРЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Әмірсіз, жарлықсыз.* **2.** діни. *Жазмышсыз, Алланың әмірінсіз.*

**БҰЙРЫҚСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Бұйрықтың жоқтығы, жарлықтың болмағандығы, әмірсіздік.* **2.** діни. *Бұйырмағандық, маңдайға жазылмағандық.*

**БҰЙРЫҚТАЙ** сын. сөйл. *Бұйрық сияқты, бұйрық тәрізді.*

**БҰЙРЫҚТЫ** сын. **1.** *Әмірлі, қатты бұйыра айтылған.* **2.** діни. *Алла тағаланың, құдайдың бұйрығы бойынша болған; несібесіне жазған, бұйырған.*

**Бұйрықты сөйлем.** лингв. *Белгілі бір іс жайында бұйыра немесе өтіне айтылған сөйлем.*

**БҰЙРЫҚШЫ** зат. *Әмір етуші, бұйрық беруші.*

**БҰЙРЫҚШЫЛ** сын. *Бұйрық етуге әуес, әмір бергіш.*

**БҰЙРЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Бұйрық бершілік, әмір етушілік.*

**БҰЙЫ=** ет. *Елту, балқу, сезімге берілу, ұю.*

**БҰЙЫҒУ** *Бұйық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қойнына тығылу, маужырау.* **2.** *Күн көзінің ашылмауы.* **3.** *Тымыраю, тұйықтану.*

**БҰЙЫҒЫ¹** зат. бот. *Құмды жерде өсетін өсімдік.*

**БҰЙЫҒЫ²** сын. **1.** *Тұйық, сөзге сараң, ұяң (адам).* **2.** ауыс. *Енжар, марғау.* **3.** ауыс. *Тып-тыныш жатқан, меңіреу.* **4.** ауыс. *Бір қалыпты, өзгеріссіз.*

**Бұйығы [мимырт] жүріс.** *Баяу жүріс, аяң.* **Бұйығы мінез.** а) *Көп сөйлемейтін, тұйық, өте салмақты мінез.* ә) *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, өте салмақты адам.* **Бұйығы мінезді.** *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, өте салмақты.* **Бұйығы тартты.** *Бұйығыланды, тұйықталды.*

**БҰЙЫҒЫЛАН=** ет. *Бұйығы тарту, тұйық болу, аз сөйлеу.*

**БҰЙЫҒЫЛАНУ** *Бұйығылан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙЫҒЫЛАУ** сын. *Тұйықтау, сөзге сараңдау.*

**БҰЙЫҒЫЛЫҚ** зат. *Бұйығы болушылық, тұйықтық, сөзге сараңдық, ұяңдық.*

**БҰЙЫҒЫҢҚЫ** сын. **1.** *Бұйығылау, ұяңдау, тұйықтау, сөзге сараңдау.* **2.** ауыс. *Енжарлау, меңіреулеу, марғаулау.*

**Бұйығыңқы тартты.** *Тұйықтау, енжарлау күйге түсті.*

**БҰЙЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап бұйығу, бұйығыға түсу.*

**БҰЙЫҒЫҢҚЫРАУ** *Бұйығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙЫҒЫС=** ет. *Бірнеше адамның тоңып, бір-біріне тығылыса, жақындаса түсуі.*

**БҰЙЫҒЫСУ** *Бұйығыс етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЙЫҚ¹** зат. этн. *Қонышы қысқа тігіліп, етік сыртынан жылылық үшін киетін киіз байпақ; ұйық.*

**БҰЙЫҚ²** сын. сөйл. ***Бұйығы.***

**БҰЙЫҚ³=** ет. **1.** *Тоңу, бүрісе түсу, біріне-бірі тығылу.* **2.** ауыс. *Тым-тырыс, өзімен-өзі жату, құпиясын ашпау.* **3.** ауыс. *Үн-түнсіз іштей тыну, тымыраю, тұйықтану.*

**Бұйыққан бүршік.** бот. *Сабақ тканьдарының ішкі бөліміне көміліп қалып, бірнеше жыл бойы өспеген бүршік.*

**БҰЙЫҚТА=** ет. сөйл. ***Бұйық³***.
**БҰЙЫҚТАУ¹** сын. сөйл. ***Бұйығылау***.
**БҰЙЫҚТАУ²** *Бұйықта етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫҚТЫР=** ет. **1.** *Тоңдыру, тоңазыту, денені тітіркендіру.* **2.** *Маужырату, бойды ұйыту, денені босаңсыту.*
**БҰЙЫҚТЫРУ** *Бұйықтыр етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫМ** зат. **1.** *Мүлік, жиһаз, дүние, зат.* **2.** *Жұмыс, іс, шаруа.* **3.** экон. <лат. productus> *Саны бір-бірлеп немесе даналап есептелетін (кейде салмақ өлшемімен есептеледі) өнеркәсіп өнімінің бірлігі.*
**Бұйымға аспады.** *Іске аспады, қажетке жарамады.* **Бұйым болмады.** а) *Ұзаққа бармады, көпке шыдамады.* ә) *Жұмырына жұқ емес, түкке тұрмайды.* **Бұйым болып па**! сөйл. *Сөз болып па, түк емес; жеңіл, оңай.* **Бұйым демеді.** *Жүк көрмеді, елемеді, міce тұтпады.* **Бұйым емес.** *Сөз емес, түкке тұрмайды; оп-оңай.* **Бұйым жоқ, алым [әлім] жоқ.** *Еш бұйымы жоқ, өзіненөзі.* **Бұйым [құрлы] көрмеді [көрген жоқ].** *Міce тұтпады, көзге ілмеді, ескермеді, жүк көрмеді.* **Бұйым салмады.** жерг. *Шыбын құрлы көрмеді.* **Бұйымның технологиялық өзіндік құны.** қаржы. *Сатып алынатын бөлшектерді есептемегенде, бұйымды дайындаудың технологиялық процестерін жүзеге асыруға жұмсалатын шығындардың сомасы.* **Бұйымын сұрады.** *Тілектерін айтты, қалауын білдірді.*
**БҰЙЫМ-БОҚША: бұйым-боқша қылды.** *Қажетіне жаратты.*
**БҰЙЫМДАЙ** сын. **1.** *Кәдеге жарайтын дүниедей, бұйым секілді.* **2.** *Бұйым күйінде, заттай.*
**БҰЙЫМДЫ** сын. *Бұйымға толы, жиһазды.*
**БҰЙЫМДЫҚ** сын. *Бұйым боларлық.*
**БҰЙЫМТАЙ** зат. **1.** *Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалаған заты; қалауы, қолқасы.* **2.** *Тапсырыс, міндеттеме.*
**Бұрымтаймен келді.** *Шаруамен арнайы келді. Арнайы барған іс, жұмыс, шаруа.*
**БҰЙЫМТАЙЛА=** ет. *Бұйымтай сұрау, қалау.*
**БҰЙЫМТАЙЛАУ** *Бұйымтайла етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫМТАЙСЫЗ** сын. *Бұйымтайы жоқ, шаруасыз, еш жұмысы жоқ.*
**БҰЙЫМША** үст. *Бұйым сияқты, бұйымға ұқсатып.*
**БҰЙЫМШАЛА=** ет. сөйл. ***Бұйымшыла***.
**БҰЙЫМШАЛАУ** *Бұйымшала етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫМШЫЛА=** ет. *Бұйымтай сұрау, қалау.*
**БҰЙЫМШЫЛАУ** *Бұйымшыла етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫНТАҚ** зат. *Қажетті ұсақ-түйек, майда-шүйде зат.*
**БҰЙЫР=** ет. **1.** *Бұйрық беру, әмір ету, жарлық қылу.* **2.** діни. *Нәсіп ету, пайдасын, қызығын көру.*
**Бұйырған нәсіпті көрді.** *Маңдайына жазғанын көрді.*
**БҰЙЫРҒЫЛЫ** зат. өс. сөйл. ***Бұйырғын***.
**БҰЙЫРҒЫН** зат. бот. <лат. anabasis> **1.** *Құмды жерлерде, тақыр шөлдерде өсетін жапырақсыз, басы бүршікті шөп не аласа бұта.* **2.** *Жусанның тырбиған ащы тұқымы.*
**БҰЙЫРҒЫНДЫ** сын. *Бұйырғын көп өскен, бұйырғыны мол (жер).*
**БҰЙЫРҚҰЛ** зат. сөйл. *Бұйырғын.*
**БҰЙЫРМАСЫН** мод. *Біреуді сендіру, иландыру үшін ант-су ішу, қарғану.*
**БҰЙЫРМЫС¹** зат. көне. *Бұйырғаны, болған іс.*
**БҰЙЫРМЫС²** сын. көне. *Тән, лайық.*
**БҰЙЫРСА** мод. *Реті келсе, дәм тартса, жолы түссе.*
**БҰЙЫРСЫН** мод. тілек. *Біреуге жақсылық тілеу мағынасында қолданылатын тілек.*
**БҰЙЫРТ=** ет. *Қолын жеткізу, игілігіне жарату, нәсіп ету.*
**БҰЙЫРТСА** модаль. *Дәм жазса, сәті түссе; бұйырса.*
**БҰЙЫРТУ** *Бұйырт етістігінің қимыл атауы, нәсіп ету.*
**БҰЙЫРТУШЫ** зат. *Тапсырыс беруші.*
**БҰЙЫРУ** *Бұйыр етістігінің қимыл атауы, бұйрық беру, әмір ету.*
**БҰЙЫРУШЫ** зат. *Бұйрық беруші, басқарушы кісі.*
**БҰЙЫРЫЛ=** ет. *Бір шара қолдануға ұйғарылу, нұсқау берілу, бұйрық шығарылу.*
**БҰЙЫРЫЛУ** *Бұйырыл етістігінің қимыл атауы, бұйрық берілу, шығарылу.*
**БҰЙЫРЫҢЫЗ=** ет. этн. *Қымыз ішілудің басталуын нышандайтын ишара.*
**БҰЙЫРЫС=** ет. *Әмір берісу, жарлық етісу.*
**БҰЙЫТ=** ет. жерг. *Бұйықтыру, маужырату.*
**БҰЙЫТАҚТАУ** *Бұйытақта етістігінің қимыл атауы.*
**БҰЙЫТУ** *Бұйыт етістігінің қимыл атауы.*
**БҰҚ=** ет. **1.** *Еңкейе қалу, басын төмендету.* **2.** *Жасырыну, бой тасалау, көзге түспеу, бас көтермеу.* **3.** *Ығу, тасалану.* **4.** *Қорқу, шегіншектеу, имену.* **5.** ауыс. *Әйгіленбеу, білінбеу, жасырын жату.* **Бұға берсең, сұға береді**. *Айтқанға көне берсең, үндемесең, басқа шығып алады, басынады.*
**БҰҚА¹** зат. **1.** *Сиыр малының піштірілмеген еркегі; тұқымдық аталығы.* **2.** ауыс. *Бас көтерер азаматтары.*
**Бұқа – буға, азбан – дуға.** *Құр кеуде, босқа тыраштану.* **Бұқа буға [азбан дуға] семірер.** *Босқа тыраштану, дырду, думан, даурықпаға бос масаттану.* **Бұқа бұғақтау.** *Бұғағы бұқаның әукесі тәрізді қатпарланып, салбырап тұрған (адам).* **Бұқаға қосты.** *Күйі келген сиырға бұқа жіберді, шағылыстырды.* **Бұқа қосу.** малшар. *Шағылыстыру.* **Бұқа дауысты.** *Даусы күжілдеген, күрілдеген.* **Бұқа көз.** *Төңкеріле қарайтын ала көз.* **Бұқа қарасқа алды.** *Көзін алартып, сүзе қарады; жақтырмады.* **Бұқа мойын**. *Бұқаның мойнындай күжірейген, жуан мойын.* **Бұқа мінез.** *Дүлей, ұр да жық мінез.* **Бұқа тамақ [сағақ].** *Алқымы салбыраған, бұғағы салыңқы.*
**БҰҚА²** зат. кәс. *Буылған қамыстан жасалған бөгет, су жолына қойылған тосқауыл.*
**БҰҚА³** зат. көне. *Ежелгі түркі тайпалары мен ұлыстарындағы лауазым түрі.*
**БҰҚАБАС** зат. жерг. зоол. *Таулы жерлердегі өзен бойларында жүретін қара қоңыр түсті торғай.*
**БҰҚАДАЙ** сын. **1.** *Бұқа сияқты, бұқа тәрізді.* **2.** *Ірі, үлкен, жалпақ.*
**БҰҚАКӨЗДЕН=** ет. *Көзін сүзе, аларта қарау.*
**БҰҚАКӨЗДЕНУ** *Бұқакөзден етістігінің қимыл атауы.*
**БҰҚАҚ** зат. мед. *Тамақ ісіп кететін ауру түрі.*
**БҰҚАЛАҚ** зат. жерг. *Кестірілген еркек тайынша.*
**БҰҚАЛАШ** зат. көне. *Халық, бұқара.*
**БҰҚАЛЫҚ** зат. *Бұқаға тән әрекет, мінез.*
**Бұқалық құрды [қылды, етті].** қарап. *Бұқаға тән қылық жасады, әрекет істеді.*
**БҰҚАМСІЛЕКЕЙ** зат. өс. *Тамырын жараға тартатын, сабағы қатты құрай текстес шөп.*
**БҰҚАР¹** зат. *Жылқы терісінен өңделген былғары.*
**Бұқардың гауһар тасындай.** поэт. *Бұқар жерінде өңделген асыл тас түріне теңеу.* **Бұқар иттабаны.** өс. <лат. frankeniaceae bucharica>. *Иттабандар тұқымдасы, иттабан туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.* **Бұқар кілем.** сөйл. *Бұқарада тоқылған кілем.* **Бұқар қалпақ.** сөйл. *Бұқарда тігілген, сол жер адамдары шығарған қалпақ.* **Бұқар қойы.** сөйл. *Бұқарадан таралған қой түрі.* **Бұқар мақамы.** *Бұқар халқына тән мақам; әуен.*
**БҰҚАР²** зат. өс. *Қарбыздың Бұқардан тараған сорты.*
**БҰҚАРА** зат. <лат. massa> **1.** *Халықтың басым көпшілігі, еңбекші қауым, жұртшылық.* **2.** *Халықтың бір тобы, бөлігі. // Қарапайым, жай (адам).* **3.** *Ұлт.* **4.** *Бағынышты халық деген мағынада.*
**Бұқара қозғалысы.** *Халық көтерілісі.* **Бұқара ұраны.** *Халық тілегі.* **Бұқара халық.** *Қарапайым халық, қалың көпшілік.*
**БҰҚАРАЛЫҚ** сын. *Бұқараға тән, қалың көпшілікке қатысты.*
**Бұқаралық ақпарат құралдары.** қоғ.-әлеум. *Қалың жұртшылыққа қандай да бір істің барысы, әртүрлі оқиғалар желісі мен қоғамдық және т.б. құбылыстар туралы мәлімет, хабар жеткізіп тарататын нысандар (радио, теледидар, газет т.б.) жиынтығы* **Бұқаралық қозғалыс.** *Халық көтерілісі, ел наразылығы.* **Бұқаралық мәдениет.** *Жалпыхалықтық мәдениет.* **Бұқаралық сана.** *Қоғамдық сана.* **Бұқаралық саяси жұмыс.** *Көпшілік арасына жүргізілетін саяси үгіт.* **Бұқаралық сипат.** *Жалпыхалықтық көпшілікке тән үрдіс.* **Бұқаралық түйсік.** *Халықтың наным-түсінігі, халық арасында қалыптасқан сана.* **Бұқаралық үгіт.** *Халық арасында жүргізілетін саяси сипаттағы үгіт-насихат жұмыстары.* **Бұқаралық шара.** *Жалпыхалықтық қоғамдық жұмыстар.*
**БҰҚАРБЕДЕ** зат. өс. сөйл. *Түйежоңышқа.*
**БҰҚАРА-СҰҚАРА** зат. экспр. сөйл. *Кедей-кепшік, момын шаруа, қарапайым халық тобы.*
**БҰҚАРАШЫЛ** сын. тар. *Бұқараның мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы, қара халықтың қамын ойлайтын, халықшыл (адам).*
**БҰҚАРАШЫЛДЫҚ** зат. *Бұқарашыл болушылық, бұқараның жоғын жоқтаушылық, қара халықты жақтаушылық. // Халықтық, халыққа тән.*
**БҰҚАРЖАЙ** зат. *Ертедегі Бұхар қаласында жасалған сауыт; бұхаржа.*
**БҰҚАРШӨП** зат. өс. *Шөптесін өсімдік.*
**БҰҚАСЫМАҚ** зат. экспр. кемсіту. *Нашар, бұқаға татымайтын.*
**БҰҚАТАНА** зат. зоол. *Қаршыға құсының бір түрі.*
**БҰҚАТАРТЫС** зат. ойын. *Жиында, топтомалақта екі кісі жонына арқан салып тартысып, күш сынасатын ұлттық ойын.*
**БҰҚАША¹** зат. *Екі жасар тана бұқа, жас бұқа.*
**БҰҚАША²** үст. *Бұқаға ұқсап, бұқа сияқты.*
**Бұқаша көз аларту.** *Қатты ашуланып, көзін төңкере қарау.* **Бұқаша қарады.** *Жаратпай, жақтырмай, көз аларта қарады.*
**БҰҚАШАДАЙ** үст. *Бұқашаға ұқсап, бұқаша сияқты.*

**БҰҚАШЫ** зат. *Бұқа бағатын кісі, бақташы.*

**БҰҚАШЫҚ** зат. экспр. *Жас бұқа, бұқаша.*

**БҰҚБАС** зат. зоол. *Таулы жерлердегі өзен бойларында жүретін қара қоңыр түсті торғай.*

**БҰҚИ=** ет. жерг. *Еңкею, бүкшию, бүкірею.*

**БҰҚИТ=** ет. *Еңкейту, басты төмен салдыру.*

**БҰҚИТУ** *Бұқит етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚҚЫСЫЗ** сын. *Бұқпаса да болатын; кісі бойлайтын, биік, аласа емес.*

**БҰҚҚЫШ** сын. *Бұғына беретін, бұғып қалатын.*

**БҰҚПА[1]** зат. *Көзге түспейтін, қалтарысты жер, жасырынуға ыңғайлы орын, таса, пана. // Жасырын, құпия; ішке бүккен. // Жұрттан қашып жүретін, көпшілікке көрінгісі келмейтін, кісі бетіне тіке қарамайтын.*

**Бұқпа есеп.** *Ұсақ, арам есеп.* **Бұқпа сауда.** *Тауарды салық төлемей, заңсыз жолмен ұрлап өткізу; контрабанда.*

**БҰҚПА[2]** зат. жерг. *Сыраны ашытатын ашытқы.*

**БҰҚПАҚТА=** ет. сөйл. ***Бұқпала.***

**БҰҚПАҚТАУ** *Бұқпақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚПАЛА=** ет. **1.** *Бойын жасыру, тығылу, тасалану.* **2.** *Паналау, бас сауғалау.* **3.** *Имену, ойын ірку, қорқу, тартыншақтау.*

**БҰҚПАЛАҚТА=** ет. *Әр жерге бір бұғыну, жиі-жиі бұқпалау, бас бағу, жасырыну, бой тасалау.*

**БҰҚПАЛАҚТАУ** *Бұқпалақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚПАЛАН=** ет. *Бұғып, тасалану; жасырыну, еңкею.*

**БҰҚПАЛАНУ** *Бұқпалан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚПАЛАТ=** ет. **1.** *Еңкейту, тасалату, бүкшиту.* **2.** ауыс. *Бастырмалату; еңсесін көтертпеу.*

**БҰҚПАЛАТУ** *Бұқпалат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚПАЛАУ[1]** сын. *Бәсең, ақырын; сенімсіздеу, шарасыз.*

**БҰҚПАЛАУ[2]** *Бұқпала етістігінің қимыл атауы, тығылу, тасалану, жасырыну.*

**БҰҚПАНДА=** ет. сөйл. ***Бұқпала.***

**БҰҚПАНДАУ** *Бұқпанда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚПАНТАЙ** сын. **1.** *Бас сауғалаған, жасырынған.* **2.** ауыс. *Именшек, қорыншақ, жалтақ. // Жалтақтық, қорқақтық, бұғып қалушылық.* **3.** ауыс. *Жымысқы, бүкпе, арам, бықсық.*

**БҰҚПАНТАЙЛА=** ет. **1.** *Жасырыну, бұғу, тасалану.* **2.** ауыс. *Жалтақтау, жасқану, имену, тайсақтау.*

**БҰҚПАНТАЙЛАУ** *Бұқпантайла етістігінің қимыл атауы, жасырыну, тасалану.*

**БҰҚПАНТАЙЛЫҚ** зат. *Бұққыштық, именшектік, жасқаншақтық.*

**БҰҚПАНТАЙСЫЗ** сын. *Бүкпесіз, ашық, ешнәрсені жасырмай, тура.*

**БҰҚПАТОРҒАЙ** зат. сөйл. ***Молдаторғай.***

**БҰҚПАТОРҒАЙЛЫҚ** зат. *Жалтақтық, тайсақтаушылық, өзіне-өзі сенбеушілік.*

**БҰҚПАШТА=** ет. сөйл. ***Бұқпантайла.***

**БҰҚТЫР[1]=** ет. **1.** *Еңкейту; бой тасалату, жасырынуға себеп болу.* **2.** ауыс. *Қорқыту, имендіру, ықтыру.*

**БҰҚТЫР[2]=** ет. **1.** *Шайды, тамақты бетін жауып, жай отқа қою.* **2.** *Тағамға әртүрлі тұздық салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою; сіңіру.*

**БҰҚТЫРМА[1]** зат. *Жасырын тосқауыл.*

**БҰҚТЫРМА[2]** зат. жерг. *Самаурынның оттығындағы шоқты өшіру үшін жабатын арнайы қақпақ.*

**БҰҚТЫРМА[3]** зат. тамақ. *Бұқтырылып пісірілген тағам.*

**БҰҚТЫРМА[4]** зат. әск. *Стратегиялық жер.*

**БҰҚТЫРУ** *Бұқтыр етістігінің қимыл атауы, қорқыту, имену.*

**БҰҚТЫРЫЛ[1]=** ет. **1.** *Жарықтың, оттың басылуы, бәсеңдетілуі.* **2.** *Самаурын оттығындағы шоқтың өшірілуі.*

**БҰҚТЫРЫЛ[2]=** ет. *Түрлі тұздықтар салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою, сіңіру.*

**БҰҚТЫРЫЛУ** *Бұқтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚШАНДА=** ет. сөйл. ***Бүкшеңде.***

**БҰҚШАҢДАУ** *Бұқшаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚШИ=** ет. сөйл. ***Бүкши.***

**БҰҚШИЮ** *Бұқши етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҚЫЛ** сын. жерг. *Сырын айтпайтын, сырға берік (адам).*

**БҰҚЫРА** зат. жерг. ***Ашытқы.***

**БҰҚЫРЛА[1]=** ет. көне. *Зиянды заттардан арылту, зарарсыздандыру; аластау.*

**БҰҚЫРЛА[2] =** ет. жерг. *Игеру, меңгеру; артқа тастау.*

**БҰҚЫРЛАТ=** ет. *Зарарсыздандыру; залалды нәрселерді қолдан жойдыру.*

**БҰЛ[1]** ес. *Жақын жердегі біреуді не бір нәрсені нұсқап көрсететін осы, мына мағынасындағы сөз.*

**Бұл [осы, сол] арада**. а) *Бұл жерде, осы жерде, осы тұста.* ә) *Осы кезде, осы уақытта, осы аралықта.* **Бұл бұл ма?** *Бұдан бетер, бұдан басқа, бұл аздай.* **Бұл ғалам.** *Осы, фәни дүние.* **Бұл дүние.** *Осы өмір, тіршілік, жалған.* **Бұл дүниелік адам болмау.** *Қайтыс болу.* **Бұл екі ортада.** *Бұл аралықта, дәл осы арады, осы мезетте.* **Бұл жалғанда.** *Осы өмірде, бұл дүниеде, бұл өткінші дүниеде.* **Бұл жолы.** *Осы ретте, қазіргі кезекте.* **Бұл жолғы.** *Бұл реткі.* **Бұл заманда.** *Осы өмірде, қазіргі кезде.* **Бұл кезде [шақта, мезетте].** *Осы мезгілде, қазіргі кезде.* **Бұл күйімізде.** *Қазіргі ахуалымызда, бүгінгі жағдайымызда.* **Бұл күн.** *Осы уақыт, қазір, бүгін.* **Бұл күнгі.** *Осы кездегі* **Бұл қалпында.** *Осы күйінде, бұл жағдайда, мына ахуалында.* **Бұл құрлы.** *Осыншалықты, соншама.* **Бұл ретте [орайда].** *Осымен байланысты, осы бойынша.* **Бұл не [неткен] бассыздық.** эксп. *Біреудің ақымақтық ісіне, жүгенсіздігіне немесе санасыз қылығына кеюді, ашулануды білдіретін сөзқолданыс.* **Бұл өзі бір.** *Ыңғайсыздана, күмілжи айта бастағанда қолданылатын сөз.* **Бұл өмір.** *Тіршілік, бұл дүние, жалған.* **Бұл тұрғыда.** *Осы жағынан, осы қырынан.* **Бұл тұста**. *Осы кезде, уақытта, сол сәтте.*

**БҰЛ[2]** [ир. بل] зат. жерг. *Кездеме, мата.*

**БҰЛ[3]** зат. сөйл. **1.** ***Пұл.*** **2.** *Баға, құн.*

**БҰЛ** сын. **1.** *Еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген (адам, мал).* **2.** ауыс. *Қобыраған, тарағанға көнбейтін.* **Бұла дала.** бейн. *Еркін, әуел бастағы табиғи күйінде жатқан жер.* **Бұла күш.** *Тың қуат, ширақ күш, мол қайрат.* **Бұла қып [етіп] өсірді.** *Беттен қақпай, еркін, ерке өсірді.* **Бұла [болып] өсті.** *Еш бейнет көрмей, еркін өсті.* **Бұла сезім.** *Еркін, ерке сезім.*

**БҰЛА=** ет. **1.** *Көзінен жас ағу, жылапсықтау.* **2.** көне. *Ақ көбігін ағызу, қатты терлету.* **3.** ауыс. *Аямай төгу, көл-көсір ету.* **4.** ауыс. *Жанын аямау, құрбан ету.*

**БҰЛА-БОЛПАШ** сын. *Ерке, шолжаң.*

**БҰЛАҒАЙ** зат. көне. *Алай-түлей, бұлан-талан, астан-кестен, айқай-шу.*

**Бұлағай салды.** *Атойлады, айқай-шуға басты, аттандады.*

**БҰЛАЙ[1]** үст. ***Былай*** *(осылай, дәл осындай).*

**Бұлай болғанда.** сөйл. *Бүйткенде, осылай істегенде.*

**БҰЛАЙ[2]** үст. сөйл. ***Былай (2),*** *екінші жаққа, мына жаққа.*

**Бұлай қарай.** сөйл. ***Былай қарай.*** **Бұлай қоя тұр.** сөйл. *Айтпағанда, есептемегенде, қоспағанда.*

**БҰЛАЙША** үст. *Дәл осындай, осылайша.*

**БҰЛАЙЫНША** үст. фольк. ***Бұлайша.***

**БҰЛАҚ[1]** зат. **1.** *Басы қайнардан басталып, сай-жыралармен ағатын кішігірім су.* **2.** геогр. *Жер асты суларының жер бетіне (кейде су астына) өздігінен шоғырлана шығатын жері.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің түп бастауы, қайнар көзі, негізі.* **4.** ауыс. *Жомарт, береген, қолы ашық адам.*

**Бұлақ басы.** *Бұлақтың басталған жері, қайнар көзі.* **Бұлақ бөденешөбі.** бот. <лат. veronica> *Сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.* **Бұлақ көзі.** а) *Ең алғашқы нұсқа, бастапқы үлгі, түп негіздер, түп бастау.* ә) бейн. *Дарын, қабілет, мүмкіндік.* **Бұлақ көзін ашты**. бейн. *Болайын деп тұрған дарынды жасты танып, жағдай тудырды.* **Бұлақ күбірі.** бейн. *Мүлгіген тыныштық кезінде естілетін бұлақтың сылдыры.* **Бұлақ өтімі.** сушар. *Белгілі уақыт ішінде жерден шығып жатқан су көлемі.* **Бұлақ сарыбасшасы.** өс. <лат. nasturtium fontanum> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігінің бір түрі.* **Бұлақ суы.** *Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су; жер астынан, қойнауынан шығатын су.* **Бұлақты шегендеу.** сушар. *Суының тазалығын сақтау мақсатында бұлақтың төңірегін таспен, ағашпен және т.б. материалмен қоршау, бекіту.* **Бұлақ шығымы.** сушар. *Белгілі бір уақыт аралығында (секунд, тәулік) бұлақ, бастау беретін су мөлшері.*

**БҰЛАҚ[2]** зат. мед. **1.** *Құлақтың қабынуынан болатын созылмалы іріңді ауру; құлақ қабынуы.* **2.** *Қабынып ауырған құлақтың ішінен ағатын ірің.*

**БҰЛАҚ[3]: бұлақ ат.** жерг. *Тапал, құйрық жалды, жауырыны жалпақ ат.*

**БҰЛАҚСЫЗ** сын. *Бұлақ болмайтын, бұлағы жоқ.*

**БҰЛАҚСЫМАҚ** зат. эксп. *Нағыз бұлақ емес, сәл-пәл ғана суы шығып жататын жер.*

**БҰЛАҚТАЙ** сын. **1.** *Бұлақ сияқты, бұлақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Мол, көп.*

**Бұлақтай ағызды.** поэт. *Суырыпсалма ақын жырын төкті.* **Бұлақтай ақты [иіді].** *Сауын малының сүті өте мол болды.* **Бұлақтай саулады.** *Көзінен жасы тоқтамай сорғалады, үздіксіз жылады; қатты қайғырды.*

**БҰЛАҚТАЙЫН** сын. фольк. **1.** ***Бұлақтай.*** **2.** ауыс. *Мол, көп.*

**Бұлақтайын құйылды.** *Жағымды әсерге бөледі.* **Бұлақтайын мөлдір.** поэт. *Ниеті, ойы таза, жаны пәк.*

**БҰЛАҚТАН=** ет. *Ағын суға айналу, бұлақ болып ағу.*

**БҰЛАҚТАНУ** *Бұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛАҚТЫ** сын. *Бұлағы, қайнар-бастауы бар, бұлағы көп (жер).*

**БҰЛАҚША[1]** зат. экспр. *Суы аз, кішкентай бұлақ.*

**БҰЛАҚША[2]** үст. **1.** *Бұлаққа ұқсап, бұлақ сияқты.* **2.** *Зыр қаққан, тез арада.*

**БҰЛАҚШӨП** зат. өс. *Батпақты, сазды жерлерде өсетін су өсімдігі.*

**БҰЛАҚШЫ** зат. зоол. <лат. tringa stagnatilis > *Балықшылар отрядының тауқұдірет тұқымдасына жататын су құсы.*

**БҰЛАЛА=** ет. сөйл. *Еркін, ерке өсіру, бұла етіп бағып-қағу.*

**БҰЛАЛАЙ: бұлалай салды.** *Ойран салды, шапты.*

**БҰЛАЛАУ** *Бұлала етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛАЛЫҚ** зат. *Бұла болушылық, еркіндік, ерке өскендік.*

**Бұлалық шақ.** *Ерке, еркін шақ.*

**БҰЛАМА** зат. көне. *Сұйық тағам, быламық.*

**БҰЛАН[1]** зат. **1.** *Салалы, үлкен мүйізді, аша тұяқты, бұғы тектес ірі аң.* **2.** зоол. <лат. alces alces> *Жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын ең ірі аң.*

**Бұлан көз.** *Көзі бұланның көзіндей өткір, қырағы, көреген.* **Бұлан мойын.** *Бұланның мойынындай жуан.*

**БҰЛАН[2]** сын. *Еш қиындық көрмей, бұла боп еркін өскен; ерке.*

**Бұлан боп өсті.** сөйл. *Еркелеп өсті, бұла боп өсті.* **Бұлан күш.** сөйл. ***Бұла күш.***

**БҰЛАН=** ет. **1.** *Малыну, шылану, малшыну.* **2.** *Сылану, сылқылдану, кербездену.*

**БҰЛАНДАЙ** сын. *Бұлан сияқты, бұлан тәрізді.*

**БҰЛАНДАЙЫН** сын. фольк. ***Бұландай.***

**БҰЛАНМҮЙІЗ** зат. бот. <лат. bongardia> *Бөріқарат тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**БҰЛАН-ТАЛАҒАЙ** сын. жерг. поэт. ***Бұлан-талан.***

**БҰЛАН-ТАЛАН** үст. **1.** *Абыр-сабыр, астан-кестен, ұйқы-тұйқы, аласапыран.* **2.** *Ашуланған, ызалы.*

**Бұлан-талан болды.** а) *Астан-кестені шықты, тас-талқан болды.* ә) *Ашуланды, тулады, ызаланды.* **Бұлан-таланы шықты.** *Боза-боза болды, еңіреді.*

**БҰЛАНША** үст. *Бұланға ұқсап, бұлан сияқты.*

**БҰЛАҢ[1]** зат. **1.** *Түлкі құйрығының ұшы.* **2.** *Ұзындау, ұшбалаңқы нәрсенің әрлі-берлі теңселуі, тербелуі; бұлғақ қағуы.* **3.** ауыс. *Бүкіл жүріс, жортақ.* **4.** ауыс. *Құлық, айла.*

**Бұлаң берді.** а) *Жалт етті, қараң етті.* ә) *Елестеді, елес берді.* б) *Алдады, құлыққа басты.* **Бұлаң етті.** а) *Жалт берді, қараң етті, кенет көзге түсті.* ә) *Елес берді, елестеді.* **Бұлаңға салды.** *Алдады, құлыққа басты, алдаусыратты.* **Бұлаң жүріс.** *Бір қалыпты сар желіс.* **Бұлаң қақты.** а) *Құйрығын бұлғаңдатты, ирелеңдетті.* ә) *Бұлғақтады, желбіреді.* б) *Мың бұралды, майысты, сылаңдады.* в) *Ойнақшыды, тулады.* **Бұлаң құйрық.** а) *Жылқы малының бірқалыпты жортып отыратын жүрісі, ылдым-жылдым жүріс.* ә) *Қу, айлакер, алдамшы.* **Бұлаң құйрық желіс.** *Бірқалыпты сар желіс.* **Бұлаң құйрыққа салды.** а) *Ылдым-жылдым жүрді, жортып отырды.* ә) *Сөзінің ұшын ұстатпай, құлығын асырмақ болды.* **Бұлаң қылды.** *Алдады, алдаусыратты.*

**БҰЛАҢ[2]** зат. **1.** *Бұрылыс, бұлтарыс, қалтарыс.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, ауыртпалық.* // *Қалтарысы көп, ауыр, қиын (заман).*

**БҰЛАҢ[3]** сын. сөйл. ***Бұлан[2].***

**Бұлаң тұрмыс.** *Жақсы, жайлы тұрмыс.*

**БҰЛАҢ: бұлаңға түру.** *Кеме керуенінің жиналуы, керуен түзеу.*

**БҰЛАҢ-БҰЛАҢ** сын. *Қалтарысы көп, бұрылысы көп.* // *Әрлі-берлі, ерсілі-қарсылы.*

**Бұлаң-бұлаң етті.** *Көлбеңдеді, тербелді.*

**БҰЛАҢДА=** ет. **1.** *Ит, түлкі, т.б. аң құйрығының әрлі-берлі ирелеңдеуі, бұлғаңдауы.* **2.** *Тербелу, теңселу, ырғалу.* **3.** *Майысу, сылаң қағу, мың бұралу.* // экспр. *Жағыну, жағымпаздану; жылмаң қағу.* **4.** *Желбіреу, желмен қозғалу.* **5.** *Бұраландап тез ағу (өзен, бұлақ жайында).* **6.** *Мұнарту, бұлдырау, көлбеңдеу.* **7.** *Елестеу, елес беру.* **8.** поэт. *Ауыздықпен алысу, аласұру, тыпырлау, жер тарпу (мініс ат жайында).* **9.** *Еркелеу, бұраңдау, шолжаңдау.* **10.** ауыс. *Алдау, құлыққа басу, құтыңдау.*

**Бұлаңдап өсті.** *Еркелеп еркін өсті, ешнәрседен таршылық көрмеді.*

**БҰЛАҢДАТ=** ет. **1.** *Ирелеңдету, бұлғаңдату, әрлі-берлі қозғау.* **2.** *Тербелту, теңселту, ырғалту.* **3.** *Майыстыру, сылаңдату, сылаң қақтыру.* **4.** ауыс. *Бөстіру, құтыңдату.*

**БҰЛАҢДАТУ** *Бұлаңдат етістігінің қимыл атауы; алдату, бөстіру, құтыңдату.*

**БҰЛАҢДАУ** *Бұлаңда етістігінің қимыл атауы, алдау, құлыққа басу, құтыңдау.*

**БҰЛАҢҚҰЙРЫҚ** сын. **1.** *Аңшыны алдап, бүркітті жер қаптырып кететін айлакер.* **2.** *Бірқалыпты ырғақты, бұлғаңдаған (жылқы малының жүрісі туралы).* **3.** ауыс. *Қу, айлакер, алдамшы (адам).*

**Бұлаңқұйрық бүлкек.** бейн. *Аттың құйрығын екі жаққа лақтырып, ырғала жүргендегі аяңнан шапшаң жүрісі.* **Бұлаңқұйрыққа [түлкі құлыққа] салды.** а) *Ылдым-жылдым жүрді, жортып отырды.* ә) ауыс. *Сөзбұйдаға салды, айлаға көшті, құлыққа басты.*

**БҰЛАҢҚҰЙРЫҚТАТ=** ет. *Жорту, ылдым-жылдым жүріске салу.*

**БҰЛАҢЫТ=** ет. көне. *Көмескілену, мұнарту, буалдыр тарту.*

**БҰЛАҢЫТУ** *Бұлаңыт етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛА-ТОЛА** үст. жерг. ***Біржола.***

**БҰЛАУ[1]** зат. **1.** *Күннің, ыстық құмның т.б. қызуы, ыстығы.* **2.** *Ауырған жерді ыстық бумен булайтын халық емі.*

**Бұлау болды.** *Әбден терледі, шып-шып тер шықты.* **Бұлауға түскендей.** *Әбден терлеген, қара тер болған.* **Бұлау тер.** *Бұлаулағанда шығатын ащы тер.*

**БҰЛАУ[1]** *Бұла етістігінің қимыл атауы; көз жасын көл қылу, жылап-сықтау.*

**БҰЛАУ[2]** сын. *Қиын, азап.*

**БҰЛАУ[3]** зат. *Көзіне жас толушылық, қыстығып, жылай алмаушылық.*

**БҰЛАУДАЙ** сын. *Бұлау сияқты, бұлау тәрізді.*

**БҰЛАУЛА[1]=** ет. *Бұлау жасау; бұлаумен емдеу.*

**БҰЛАУЛА[2]=** ет. *Көзі жасқа толу, көп жылау.*

**БҰЛАУЛАН=** ет. *Көп жылағандықтан көз алдының ісініп кетуі.*

**БҰЛАУЛАНУ** *Бұлаулан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛАУЛАУ** *Бұлаула етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛБҰЛ** [ир. بلبل]. зат. **1.** *Орман-тоғайда болатын торғай тұқымдас, қоңыр-қызғылт түсті даусы әдемі, кішкене әнші құс; сандуғаш.* **2.** зоол. <лат. luscinia> *Торғай тәрізділер отрядының сайрауықтар тұқымдасына жататын әнші құс.* **3.** ауыс. *Даусы әдемі, сазды, әнші.* **4.** ауыс. *Ақын, жыршы, өлеңші; тілге шешен, сөзге жүйрік адам.*

**Бұлбұлдың аздығын пайдаланып, сарышымшық той бастады.** бейн. *Шын өнерлі, беделдінің орны ойсырағанда олардан төмендер, оларға жете алмайтындар күшейді.* **Бұлбұл көмей.** *Нәзік үнді, даусы бұлбұлдай сайраған, асқан әнші.* **Бұлбұл қағып жүргізді.** *Кісінің көңілін шат қылып, мерейін тасытып шаттандырды, риза етті.* **Бұлбұл құсы.** *Бұлбұлша сайраған ақын, бұлбұл көмей.* **Бұлбұл ұшты.** *Ғайып болды.* **Бұлбұл үнді.** *Бұлбұлдың үніндей әдемі, әсем, сазды.*

**БҰЛБҰЛДАЙ** сын. *Бұлбұл сияқты, бұлбұл тәрізді.*

**Бұлбұлдай сайрады.** а) *Өте әдемі, сазды дауыспен ән салды.* ә) *Шешен сөйледі.* б) экспр. *Сапылдады, сарнады, таңдайы таңдайына тимеді.*

**БҰЛБҰЛДАЙЫН** сын. фольк. ***Бұлбұлдай.***

**Бұлбұлдайын сайрады.** фольк. *Бұлбұлдай сайрады.*

**БҰЛБҰЛСТАН** зат. поэт. *Бұлбұлдар мекені, бақшасы.*

**БҰЛБҰЛСЫЗ** сын. *Бұлбұлы жоқ, бұлбұл болмаған.*

**БҰЛБҰЛША** үст. *Бұлбұлға ұқсап, бұлбұл сияқты.*

**Бұлбұлша сайрады.** а) *Мың құбылтып ән салды, шырқатты.* ә) экспр. жағымсыз. *Аузы аузына жұқпады; қақсады, сарнады.*

**БҰЛҒА[1]=** ет. **1.** паралингв. *Қолдың басын білезігінен ішке қарай айналдырып, алыстағы адамды шақыру ым-ишараты.* **2.** *Жаулық, орамал, мата сияқты заттарды ұстап қолын жоғары көтеріп, ары-бері қозғап, алыстағы адамды шақыру.* **3.** *Қолдың басын ары-бері қозғап, қоштасу ишаратын жасау.* **4.** *Бұлаңдату, ирелеңдету, бұлғаңдату.*

**БҰЛҒА[2]=** ет. *Қаймақ, құрт сияқты қоймалжың заттарды араластыру, шайқау.*

**БҰЛҒА[3]=** ет. сөйл. ***Былға.***

**БҰЛҒАҒЫШ[1]** сын. *Бұлғаумен айналысатын, араластырушы (адам).*

**БҰЛҒАҒЫШТА=** ет. *Қолын немесе қолындағы затпен қайта-қайта бұлғау, қоштасу қимыл ишаратын жасау, бірнеше рет бұлғау.*

**БҰЛҒАҒЫШТАУ** *Бұлғағышта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАЙ** зат. фольк. *Халық ауыз әдебиетінде өлең ұйқасы үшін қолданылатын бастама жол.*

**БҰЛҒАҚ[1]** зат. **1.** *Бұлғаң-бұлғаң етушілік, теңселушілік; бұлғаң.* **2.** ауыс. *Сенделіп бос жүрушілік, найқалушылық.*

**Бұлғақ бас.** *Ешнәрсені ойламай, сыртын түзеп, сенделіп, бос жүретін (адам).* **Бұлғақ қақты.** *Бұлғаң-бұлғаң етті, теңселді, шайқалды, тербелді.* **Бұлғақ қақтырды.** *Теңселтті, шайқалтты, бұлғақ-бұлғақ еткізді.*

**БҰЛҒАҚ[2]** зат. көне. *Дүрбелең, аласапыран, бүлік.*

**БҰЛҒАҚ[3]** зат. ойын. *Асық ойынының бір түрі.*

**БҰЛҒАҚБАС** сын. *Ойсыз, түйсіксіз.*

**БҰЛҒАҚТА=** ет. **1.** *Ары-бері тербелу, теңселу, шайқалу; бұлғаң-бұлғаң ету.* **2.** ауыс. *Мас болу, масаю, теңселу, тәлтіректеу.* **3.** ауыс. *Бос жүру, сенделу.* **4.** ауыс. *Солқылдақтық істеу, толқу; көңгісі келмеу, әрі-сәрі болу.* **5.** ауыс. *Ешкім бетінен қақпау, бұла өсу, ерке болу, болып-толу; бұлғаңдау.*

**БҰЛҒАҚТАҒЫШ** сын. *Қозғалғыш, айналғыш.*

**БҰЛҒАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Аздап теңселу, сәл ғана бұлғақтау.*

**БҰЛҒАҚТАТ=** ет. **1.** *Ирелеңдету, әрлі-берлі сермеу.* **2.** *Теңселту, масайту.* **3.** ауыс. *Бетінен қақпау, қарсы келмеу, еркелету.*

**БҰЛҒАҚТАТУ** *Бұлғақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАҚТАУ** *Бұлғақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бос жүру, сенделу.* **2.** ауыс. *Солқылдықтық істеу, көңгісі келмеу.*

**БҰЛҒАҚТЫҚ** зат. *Бұлған-бұлғаң етушілік, бұлғақтаушылық; солқылдақтық.*

**БҰЛҒАЛА=** ет. сөйл. *Қайта-қайта, бірнеше рет бұлғау.*

**БҰЛҒАЛАҚ: бұлғалақты салды.** *Қолындағысын қайта-қайта бұлғады, алыстағыға белгі берді.*

**Бұлғалаққа салды.** сөйл. *Бұлтаққа салды; шындықты айтудан жалтарды.*

**БҰЛҒАЛАҚСЫЗ** сын. сөйл. ***Бұлталақсыз.***

**БҰЛҒАЛАҚТА=** ет. **1.** *Әрлі-берлі тербелу, теңселу, шайқалу.* **2.** *Тепе-теңдікті жоғалту, түзу жүрістен жаңылу.* **3.** *Бір затты белгілі бір нәрсемен қозғау, араластыру, сапырылыстыру.* **4.** ауыс. *Еркін жүру, ерке өсу; бұлғаңдау.*

**БҰЛҒАЛАҚТАТ=** ет. *Бір затты әрлі-берлі қозғалту, теңселту, тербелту, бұлғақтату.*

**БҰЛҒАЛАҚТАТУ** *Бұлғалақтат етістігінің қимыл атауы*

**БҰЛҒАЛАҚТАУ** *Бұлғалақта етістігінің қимыл атауы; еркін жүру, бұлғаңдау, еркелеу.*

**БҰЛҒАҚТА =** ет. *Еркелеу, емін-еркін жүру*

**БҰЛҒАЛАН=** ет. *Тербетілу, желбіреу.*

**БҰЛҒАЛАНУ** *Бұлғалан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАЛАҢДА=** ет. **1.** *Шайқалу, тербелу, теңселу, бұлғақтау.* **2.** *Ирелеңдеу.* **3.** *Ағараңдау, көріну, байқалу.* **4.** *Қисалаңдау, әрең жүру, тәлтіректеу, қылжаңдау.*

**БҰЛҒАЛАҢДАТ=** ет. *Ирелеңдету, бұлғақтату.*

**БҰЛҒАЛАҢДАУ** *Бұлғалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАМА** зат. жерг. *Майсыз, дәм-татусыз тамақ.*

**БҰЛҒАМАҚ** зат. жерг. *Талқанға сүт не қаймақ қосып жейтін тамақ.*

**БҰЛҒАН=** ет. көне. *Қанға, терге, көз жасына т.б. сұйық затқа малыну, малшыну, шылану.*

**БҰЛҒАНУ** *Бұлған етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАҢ** елік. *Бұлғаңдап, теңселе, шайқала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Бұлғаң еткізді.** *Қолын бұлғап жіберіп, хабар берді.* **Бұлғаң етті.** а) *Ағараң етті, бұлғап жіберді.* ә) *Жалт етті, көзге түсті.* **Бұлғаң қақты.** *Бұлғақтады, ары-бері теңселді, шайқалды.*

**БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ** елік. *Қайта-қайта бұлғаңдап, теңселген, шайқала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Бұлғаң-бұлғаң еткізді.** *Қайта-қайта ирелеңдетті, бірнеше рет бұлғады.* **Бұлғаң-бұлғаң етті.** *Қайта-қайта бұлғаңдады, теңселді.* **Бұлғаң-бұлғаң қақты.** *Қайта-қайта бұлғақтды,әрлі-берлі теңселді, тербелді.*

**БҰЛҒАҢДА=** ет. **1.** *Құйрығын бұлғаңдатып иесіне еркелеу (ит жайында).* **2.** *Теңселу, тербелу, шайқалу.* **3.** ауыс. *Теңселіп бос жүру, сенделу.* **4.** ауыс. *Былқ-сылқ етіп кербездену, сылаң қағу.* **5.** ауыс. *Бұлаңдап, еркелеп өсу (адам жайында).* **6.** ауыс. *Еркінсу, жайбарақаттану.*

**БҰЛҒАҢДАС=** ет. *Мас адамдардың бірге қисалаңдап, тәлтіреңдеп жүруі.*

**БҰЛҒАҢДАСУ** *Бұлғаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАҢДАТ=** ет. *Әрлі-берлі сермеу, қозғалту, бұлғау, ирелеңдету.*

**БҰЛҒАҢДАТУ** *Бұлғаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАҢДАУ** *Бұлғаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҒАҢДЫҚ** зат. **1.** *Бұлғаң қаққандық, еркелік, еркінсушілік.* **2.** ауыс. *Әрі-сәрілік, қылжақтық.*

**БҰЛҒАП-БҰЛҒАП** ет. *Бірнеше рет әрлі-берлі айналдырып, толғап.*

**БҰЛҒАР**[1] зат. *Еділ мен Камадағы ерте кездегі Бұлғария мемлекетінің халқы, тайпа. // Бұлғар елінде жасалған, бұлғар елінен шыққан.*

**БҰЛҒАР**[2] зат. көне. *15-ғасырда Қазанның ақша шығаратын сарайында соғылған тиын-ақша.*

**БҰЛҒАРЫ**[1] зат. сөйл. ***Былғары.***

**БҰЛҒАРЫ**[2] зат. сөйл. **Бұлғар[1].**

**БҰЛҒАС=** ет. *Қоштасқан адамдардың бір-біріне сау бол айтысқанын білдіретін қимыл ишарат.*

**БҰЛҒАСУ** *Бұлғас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰҒАТТАУ** зат. инф. <ағыл. locking> *Файлды, мәліметтер базасын пайдалануға тыйым салу, тосқауыл қою*

**БҰЛҒАУ**[1] *Бұлға етістігінің қимыл атауы. Әрлі-берлі қозғау, сермеу.*

**БҰЛҒАУ**[2] *Бұлға (2) етістігінің қимыл атауы. Араластыру, шайқау.*

**БҰЛҒАУШЫ** зат. *Бір нәрсені араластырып бұлғайтын, бұлғау әрекетін істеуші адам.*

**БҰЛҒАУЫШ** зат. **1.** көне. этн. *Қуырылып жатқан астықты (арпа, бидай, тары т. б.) араластырып түру үшін таяқшаның басына шүберек не киіз орап жасалған құрал.* **2.** тех. *Автомат машиналардың қоймалжың сұйықты бұлғап, араластырып тұруға арналған аспабы; тетігі.*

**БҰЛҒАУЫШТАЙ** сын. *Бұлғауыш тәрізді, бұлғауыш сияқты.*

**БҰЛҒАШЫ** зат. көне. *Орта ғасырлардағы түркі тектес тайпа.*

**БҰЛҒЫН** зат. **1.** зоол. <лат. martes zibellina> *Қылқан жапырақты ормандарды мекендейтін, дене тұрқы 40-55 см-дей, терісі аса бағалы, қоңыр-күрең түсті жыртқыш аң.* **2.** *Сол аңның жүні жылтылдаған, қалың әрі жұмсақ, қоңырқай түсті әдемі терісі.*

**Бұлғын тон.** этн. *Бұлғынның терісінен беттестіріліп тігілген асыл тон.* **Бұлғын ішік.** *Бұлғын терісінен тігілген қымбат ішік.*

**БҰЛҒЫНДАЙ** сын. *Бұлғын тәрізді, бұлғын сияқты.*

**БҰЛҒЫНДАЙЫН** сын. фольк. ***Бұлғындай.***

**БҰЛҒЫНДЫ** сын. *Бұлғыны бар, бұлғыны көп.*

**БҰЛҒЫНСЫЗ** сын. *Бұлғыны жоқ, бұлғыны болмайтын.*

**БҰЛҒЫР** сын. көне. ***Бұлыңғыр.***

**Бұлғыр тау.** *Алыстан бұлдырап көрінген, тізбектеліп ұзына бойы жалғасып жатқан зеңгір тау.*

**БҰЛДА=** ет. **1.** *Ақшаға, пұлға сату, тегін емес, ақыға беру.* **2.** *Құнын көтеру, бағасын асыру.* **3.** ауыс. *Міндетсіну, әлдеқандай болу, бәлсіну.* **4.** ауыс. *Балау, теңеу.*

**Бұлдап сатты.** *Бір нәрсені (атын, атағын, қызмет жағдайын, т. б.) міндет қылып, лауазымын пайдаланып өз ойын іске асырды.*

**БҰЛДАЙ** сын. *Бұл сияқты, бұл тәрізді.*

**БҰЛДАҚ** зат. өс. *Қараңқой (ылғалды жерде өсетін көгентамырлы арамшөп).*

**БҰЛДАН=** ет. *Әлдеқандай болу, бәлсіну, міндетсіну.*

**БҰЛДАНДЫР=** ет. *Бәлсіну, міндетсіндіру.*

**БҰЛДАНДЫРУ** *Бұлдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДАНУ** *Бұлдан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДАНШАҚ** сын. жағымсыз. *Бәлсінгенді, бұлданғанды ұнататын, бұлданғыш.*

**БҰЛДАНЫҢҚЫРА=** ет. *Міндетсініңкіреу, бағасын көтере түсу, бәлсініңкіреу.*

**БҰЛДАНЫҢҚЫРАУ** *Бұлданыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДАҢҚЫРА=** ет. *Міндетсініңкіреу, бәлсініңкіреу, әлдеқандай болу.*

**БҰЛДАҢҚЫРАУ** *Бұлдаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДАУ** *Бұлда етістігінің қимыл атауы; міндетсіну, бәлсіну.*

**БҰЛДИ** зат. көне. *Сай, жыра; құлдиылды.*

**БҰЛДЫ** сын. **1.** *Дүние-малы бар, ақшалы, ауқатты.* **2.** ауыс. *Бағалы, құнды, қымбат; арзан емес.* **3.** *Табысты, ақша көп түсетін.* **4.** ауыс. *Беделді, қадірлі, қасиетті.*

**БҰЛДЫҒЫНША** үст. жерг. *Мейлінше, барынша.*

**БҰЛДЫҚ** зат. *Пұлға тұрарлық, қымбат зат.*

**БҰЛДЫЛЫҚ** зат. *Бұлды болушылық; ауқаттылық.*

**БҰЛДЫР** сын. **1.** *Сағым тәрізді бұлыңғыр, буалдыр.* **2.** ауыс. *Көмескі, дүдәмал, анық-айқын емес. // Еш нәрсе, ештеме, дәнеме; тұлдыр. // Жорамал, күдік.*

**Бұлдыр болды.** *Сенімсіз болды, күдіктенді, сезіктенді.* **Бұлдыр дүние.** *Жалған өмір.* **Бұлдыр елес.** *Анық емес, көмескі, түсініксіз сипат, күй.* **Бұлдыр күй.** *Түсініксіз жағдай, беймәлім, тылсым күй.* **Бұлдыр қақты.** а) *Жұйткіді, заулады, зымырады.* ә) *Мұнарланды, алыстан көрінді.* б) *Шындықты жасырды, көмескі етті.* **Бұлдыр ой.** *Күдік, сенімсіздік.* **Бұлдыр ойнады.** поэт. *Бұлдырлады, бұлдыр тартты.* **Бұлдыр сағым.** *Сағым сияқты көмескі, бұлыңғыр, бұлдыраған күй.* **Бұлдыр тартқызды.** *Көмескілендірді, күңгірттендірді, бұлыңғырлатты.* **Бұлдыр тартты.** а) *Бұлыңғырланды, буалдыр күйге түсті.* ә) *Көмескіленді, ұмытыла бастады.* **Бұлдыр тұмандық.** *Түсініксіздік, шалағайлық.* **Бұлдыр үміт.** *Бұлыңғыр, айқын емес үміт, сенімсіздік.*

**БҰЛДЫРА=** ет. **1.** *Алыстан буалдырланып мұнарту, сағымдану.* **2.** *Қарауыту, күңгірт тарту, көмескілену; жөнді көрінбеу.* **3.** ауыс. *Зымырау, заулау, зыту.*

**БҰЛДЫРАҚ**[1]***: бұлдыраққа басты:*** *Айлашарғыға салды, сиырқұйымшақтатты.*

**БҰЛДЫРАҚ**[2] сын. *Көмескі, айқын емес, бұлыңғыр.*

**БҰЛДЫРАҢДА=** ет. *Бұлдырақ қағу, құлдыраңдау.*

**БҰЛДЫРАҢДАУ** *Бұлдыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДЫРАҢҚЫ** сын. *Көмескілеу, бұлдырлау.*

**Бұлдыраңқы тартты.** *Анық емес, көмескі леу тартты, түсініксіз болды.*

**БҰЛДЫРАҢҚЫРА=** ет. *Сәл ғана бұлдырап көріну, қарауытыңқырау.*

**БҰЛДЫРАҢҚЫРАУ** *Бұлдыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДЫРАП-ҚҰЛДЫРАП** ет. *Самғап, зулап, алыстап.*

**БҰЛДЫРАТ=** ет. **1.** *Бұлыңғырлату, көмескі тартқызу.* **2.** ауыс. *Түсініксіз ету, шатастыру.* **3.** ауыс. *Қиналу, көзі қарауыту.*

**БҰЛДЫРАТА-СЫЛДЫРАТА=** ет. сөйл. *Қозғай беру, қазбалау.*

**БҰЛДЫРАТУ** *Бұлдырат етістігінің қимыл атауы; шатастыру, түсініксіз ету.*

**БҰЛДЫРАУ** *Бұлдыра етістігінің қимыл атауы, қарауыту, көмескілену.*

**БҰЛДЫР-БЕЛЕҢ** сын. *Беймәлім, түсініксіз.*

**БҰЛДЫР-БҰЛАҢ** сын. *Анық емес, шалашарпы, болар-болмас, еміс-еміс.*

**БҰЛДЫР-БҰЛДЫР** сын. **1.** *Айқын емес, көмескі, бұлыңғыр, буалдыр.* **2.** ауыс. *Қиынқыстау, қилы-қилы.*

**Бұлдыр-бұлдыр етті.** *Көмескіленіп, қараңқұраң көрінді.*

**БҰЛДЫР-БУАЛДЫР** сын. *Анық-айқын емес, түсініксіз.*

**БҰЛДЫР-БҰРАЛАҢ** сын. *Түсініксіз, көмескі, айқын емес.*

**БҰЛДЫРЛА=** ет. **1.** *Мұнарту, сағымдану, буалдырлану.* **2.** ауыс. *Екпіні үдеу, зулау, зымырау.* **3.** ауыс. *Шабыттану, арқасы қозу.*

**БҰЛДЫРЛАН=** ет. **1.** *Қараю, қараңғылану.* **2.** ауыс. *Күңгірттену, көмескілену.*

**БҰЛДЫРЛАНУ** *Бұлдырлан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДЫРЛАТ=** ет. *Күңгірт ету, көмескілендіру.*

**БҰЛДЫРЛАТУ** *Бұлдырлат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДЫРЛАУ**[1] сын. *Анық-айқын емес, көмескі, түсініксіз. // Шала-шарпы, жартылай, еміс-еміс.*

**БҰЛДЫРЛАУ**[2] *Бұлдырла етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛДЫРЛЫҚ** зат. *Көмескілік, түсініксіздік, анық еместік.*

**БҰЛДЫРМАҚ** зат. *Алыстан бұлдырап көрінген зат.*

**БҰЛДЫРМАҚТАУ** сын. *Оншалық тегіс емес, кедір-бұдырлау.*

**БҰЛДЫРСЫЗ** сын. **1.** *Теп-тегіс, көз сүрінер түйір жоқ.* **2.** ауыс. *Түсінікті, айқын, ашық.*

**БҰЛДЫР-САЛДЫР** сын. **1.** *Түсініксіз, беймәлім.* **2.** *Асығыс-үсігіс, тез.*

**БҰЛДЫР-СЫЛДЫРСЫЗ** сын. *Бұлдырсылдыры жоқ, шынайы, ешбір қоспасыз.*

**БҰЛДЫРТ=** ет. сөйл. ***Бұлдырат.***

**БҰЛДЫРЫҚ** зат. <лат. pteroclidae> **1.** *Шөлді жерді мекендейтін, сұр түсті, кішкентай дала құсы.* **2.** зоол. *Кептер тәріздiлер отрядының тұқымдасы.*

**БҰЛДЫРЫҚОТЫ** зат. бот. <лат. lepidium> *Құм аралас шөлейт жерлерде өсетін, бұлдырық жайылатын тықыр шөп.*

**БҰЛДЫРЫҚТАЙ** сын. **1.** *Бұлдырық сияқты, бұлдырық тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай, тым шағын.* **3.** ауыс. *Өте тез, жылдам.*

**БҰЛДЫРЫҚША** үст. *Бұлдырыққа ұқсап, бұлдырық сияқты.*

**БҰЛДЫРЫҚШӨП** зат. өс. *Бұлдырықты.*

**БҰЛЖЫ=** ет. *Өзгеру, айну.*

**БҰЛЖЫМА=** ет. **1.** *Бір қалыптан аумау, қозғалмау.* **2.** *Ұстанған бағыттан таймау, айнымау, өзгермеу.*

**Бұлжымай орындалды.** *Дәл ойдағыдай, сол күйінде орындалды.*

**БҰЛЖЫМАС** сын. *Бұлжымайтын, өзгермейтін, мызғымас.*

**БҰЛЖЫМАСТАЙ** сын. *Өзгермейтіндей, тұрақты, айнымастай.*

**БҰЛЖЫМАСТЫҚ** сын. *Өзгермейтін, айнымайтын.*

**БҰЛЖЫМАУ** *Бұлжыма етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛЖЫТПАЙ** үст. *Дәл сол күйінде, дәлмедәл, айнытпау.*

**БҰЛЖЫТПАСТАН** үст. *Өз қалпынан айнытпай, ешбір өзгертпестен, сол күйінде.*

**БҰЛЖЫТПАУ** *Бұлжытпа етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛЖЫТЫЛ=** ет. *Өзгертілу, бұзылу.*

**БҰЛҚАН** сын. *Жайсыз, тынышсыз.*

**Бұлқан болды.** *Ашуланды, ренжіді.*

**БҰЛҚАЙЫР** зат. биол. *Сабағы жапырақтап шығатын дәрі өсімдік.*

**БҰЛҚАН-ТАЛҚАН** үст. **1.** *Астаң-кестең, быт-шыты шыққан, тас-талқан болған.* **2.** *Ашулы, ызалы.* **3.** *Араласқан, аласұрған.*

**Бұлқан-талқан ашуланды.** *Қатты ашуланды, кейіді.* **Бұлқан-талқан болды.** *Қатты ашуланды, шарт-шұрт болды.*

**БҰЛҚЫНШЫ** зат. балықшар. *Жайықта, Пермьде суға ау тастаған кездегі қайықтың бұлқынын ұстаушы адам.*

**БҰЛҚУ** *Бұлқы етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҚЫ=** ет. *Кенет жұлқып қозғау.* **2.** ауыс. *Тулау, аласұру.*

**БҰЛҚЫЛДА=** ет. *Ашу кернеу, қатты ызалану.*

**БҰЛҚЫН** зат. *Қайық бөлігі; қайықтың жүрісін бағдарлайтын құрал, тетік.*

**БҰЛҚЫН=** ет. **1.** *Жұлқыну, аласұрып босануға тырысу, ұмтылу, шыға алмай жанталасу.* **2.** ауыс. *Көнбеу, тулау, қарсыласу.* **3.** ауыс. *Ашу-ыза кернеу.*

**БҰЛҚЫНҒЫШ** сын. *Ырыққа көнбейтін, аласұрғыш.*

**БҰЛҚЫНДЫР=** ет. **1.** *Бұлқынту, қозғау салу, тулау, жұлқындыру.* **2.** ауыс. *Көңілді толқыту, тебіренту.*

**БҰЛҚЫНДЫРУ** *Бұлқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҚЫНТ=** ет. **1.** *Тулату, аласұрту, бұлқынуға мәжбүр ету.* **2.** ауыс. *Шабыттандыру, жігерлендіру.*

**БҰЛҚЫНТУ** *Бұлқынт етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛҚЫНУ** *Бұлқын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұлқыну, тулау.* **2.** ауыс. *Қарсыласу, ерікке көнбеу.*

**БҰЛҚЫНШАҚ** зат. *Сойған жылқының сан терісін шашасына дейін бітеу іреп алып, жасалған ыдыс.*

**БҰЛҚЫНЫП-ЖҰЛҚЫН=** ет. *Аласұру, тулау.*

**БҰЛҚЫНЫС** зат. *Кенеттен болатын шұғыл әрекет, құлшыныс, дүмпу, серпіліс.*

**БҰЛҚЫС=** ет. *Бірден жұлқи қозғалысу, қалт тартып қалысу.*

**БҰЛҚЫСУ** *Бұлқыс етістігінің қимыл атауы; жұлқи қозғалысу.*

**БҰЛҚЫТ** ет. *Бойын кернету, алай-дүлей еткізу.*

**БҰЛНА=** ет. көне. *Тұтқынға алу.*

**БҰЛТ**[1] зат. **1.** *Аспанда қалқыған тұман тәрізді қою су буы.* **2.** терм. *Атмосферада қалқыған қоюланған су буының және өте ұсақ мұз кристалының жиынтық жүйесі.* **3.** ауыс. *Сезімде болатын қаяу, көңіл кірбіңі деген мағынада.*

**Бұлт ала, жер шола.** а) *Бәрі бірдей емес, бір жердегі жағдай екінші бір жердегіге ұқсамайды.* ә) бейн. *Ақылды, саналы адамы жоқ, берекесі кеткен ел іші.* **Бұлт керуені.** поэт. *Тізбек-тізбек бұлттар.* **Бұлт көшті.** *Бұлт қозғалып, басқа жаққа ауды.* **Бұлт қапқан**. *Аспанмен таласқан, зәулім биік.* **Бұлттар мамырлады**. поэт. *Ақша бұлттардың әдемі көрінісі туралы.* **Бұлт ойнады**. *Екіталай, қауіпті күн туды.* **Бұлтты сауды.** бейн. *Жаңбыр жауды.* **Бұлттан шыққан күндей.** *Жарқ еткен, жайраңдаған, көз қарықтыратын жарық.* **Бұлт торлады [үйірілді].** *Қауіп-қатер төнді.* **Бұлт шайнап, мұз бүрікті**. бейн. *Қатты қаһарланды, ашуға мінді.* **Бұлт шақыру**. *Жаңбыр жауғызу мақсатында бұлтты арбап шақыру.* **Бұлт шалды.** *Аспанды бұлт торлады, қаптады.* **Бұлтын жиды**. бейн. *Аспан бұлттанып, түнеріп, күн жауар кез келді деген мағынада.*

**БҰЛТ**[2] зат. жерг. *Діңгек, тіреу, бағана, шығырдың қадасы.*

**БҰЛТ**[3] елік. *Бұлтың еткен тез қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бұлт берді [етті].** а) *Бұлтың етіп бір көрінді.* ә) *Жалт берді.* б) *Тайып кетті.* в) *Айныды, теріс айналды.*

**БҰЛТАҚ** зат. **1.** *Қиыр-шиыры, иіні мол бұрма, бұрылыс.* **2.** ауыс. *Екісөзділік, уәдемырзалық.* **3.** ауыс. *Жеңілтек қылық, іс.*

**Бұлтаққа салды.** *Құлыққа басты, бұлтарды.*

**БҰЛТАҚ-БҰЛТАҚ** елік. *Бұлтаңдаған, бұлтыңдаған бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бұлтақ-бұлтақ етті.** *Бұлтаң-бұлтаң етті, бұлтыңдады.*

**БҰЛТАҚ-СҰЛТАҚ** зат. сөйл. *Құлықсұмдық, жалтаң-салтаң.*

**БҰЛТАҚСЫЗ** сын. *Бұлтағы жоқ, бұлтарыссыз.*

**БҰЛТАҚТА=** ет. **1.** *Тіке тартпай, көп бұлтарыспен жүру, ирелеңдеу.* **2.** ауыс. *Солқылдақтық жасап, екіұшты сөйлеу, екі жақты әрекет ету.* **3.** ауыс. *Жалтарып кету.* **4.** ауыс. *Солқылдақтық істеу, әлсіздік таныту.*

**БҰЛТАҚТАС=** ет. *Ары-бері ойқастау, теңселісу, бұлт берісу.*

**БҰЛТАҚТАСУ** *Бұлтақтас етістігінің қимыл атауы; теңселу.*

**БҰЛТАҚТАТ=** ет. *Астарлату, екіұшты сөйлету.*

**БҰЛТАҚТАТУ** *Бұлтақтат етістігінің қимыл атауы; солқылдақтық таныту.*

**БҰЛТАҚТАУ** *Бұлтақта етістігінің қимыл атауы; солқылдақтық жасап, екіұшты сөйлеу.*

**БҰЛТАЛАҚ** зат. **1.** *Бұрылысы, бұлтарысы көп ирелең жол.* **2.** ауыс. *Былқ-сылқ еткен солқылдақтық, табансыздық.*

**Бұлталаққа салды**. *Сылтауратып, жалтарыс іздеді.*

**БҰЛТАЛАҚСЫЗ** сын. *Бұралаң, бұлтарысы жоқ.*

**БҰЛТАЛАҚТА=** ет. **1.** *Әрлы-берлі қисалақтап бұлғалақтау.* **2.** ауыс. *Бұлтаққа салу, тайқақтау.*

**БҰЛТАЛАҚТАТ=** ет. **1.** *Ары-бері қисалаңдату, орнықсыз болу, бұлғалақтату.* **2.** *Басын алып қашу.* **3.** *Астарлау, екіұшты сөйлеу.*

**БҰЛТАЛАҚТАУ** *Бұлталақта етістігінің қимыл атауы; табансыздық көрсету, тайқақтау.*

**БҰЛТАЛАҚШЫ** зат. *Табансыздық көрсетуші, тайқақтаушы.*

**БҰЛТАЛАҢ** зат. **1.** *Табансыздық.* **2.** *Екіұштылық, өтірік.* **3.** *Қылтың-сылтың.*

**БҰЛТАЛАҢДА=** ет. *Бұлтаң-бұлтаң ету, әрлі-берлі қозғалақтап, бұлғалақтау.*

**БҰЛТАЛАҢДАТ=** ет. *Бұлтың-бұлтың еткізу.*

**БҰЛТАЛАҢДАТУ** *Бұлталаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛТАЛАҢДАУ** *Бұлтаңдат етістігінің қимыл атауы; бұлтаң-бұлтаң ету.*

**БҰЛТАҢ** зат. **1.** *Екі жаққа кезек ауып отыратын жүріс, бұлтақ.* **2.** ауыс. *Айлалы, амалды құлық әрекет.*

**Бұлтаңы жоқ.** *Құлық-сұмдығы жоқ, таза.*

**БҰЛТАҢ-БҰЛТАҢ** елік. *Бұлғаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бұлтаң-бұлтаң етті.** *Қайта-қайта бұлтаңдады.*

**БҰЛТАҢДА=** ет. **1.** *Бұлтың қағу, томпаңдау.* **2.** ауыс. *Солқылдақтық істеу, тайсақтау, жалтару.*

**БҰЛТАҢДАТ=** ет. *Бұлтың-бұлтың еткізу.*

**БҰЛТАҢДАТУ** *Бұлтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛТАҢДАУ** *Бұлтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛТАҚСЫЗ** үст. *Тайсалмай, қаймықпай, тайынбай.*

**БҰЛТАР=** ет. **1.** *Ұстатпай жалт етіп, шұғыл бұрылу.* **2.** *Қашу, құтылу.* **3.** ауыс. *Бара жатқан бағытынан айну, адастыру.* **4.** ауыс. *Сөзде тұрмай жалтару, тайқып кету.*

**Бұлтара тартты**. *Басқа бағытқа бұрылды, ирелең қақты.*

**БҰЛТАРМА** зат. **1.** *Бұралаңы қалтарыс, бұлтарыс.* **2.** ауыс. *Қулық, сұмдық, айлакерлік.* **3.** ауыс. *Екісөзділік.*

**БҰЛТАРМАЛА=** ет. *Бұрмалы, бұлтарысты жермен жүру.*

**БҰЛТАРТ=** ет. **1.** *Жалтарту, айныту.* **2.** *Көңіл аудару, назар аудару.* **Бұлтартпас айғақ.** *Мүлдем жоққа шығара алмайтын айқын да анық дәлел.* **Бұлтартпау шаралары**. заң. *Қылмыстық істі жүргізу барысында айыпталушыға қолданылатын мәжбүрлеу шарасы.*

**БҰЛТАРТҚЫЗ=** ет. *Жалтартқызу, айныттыру.*

**БҰЛТАРТҚЫЗУ** *Бұлтартқыз етістігінің қимыл атауы; бұлтаруға мүмкіндік беру.*

**БҰЛТАРТУ** *Бұлтарт етістігінің қимыл атауы; айныту, жалтару.*

**БҰЛТАРУ** *Бұлтар етістігінің қимыл атауы; жауаптан қашу, жалтару.*

**БҰЛТАРЫС**[1] зат. **1.** *Ирелең, бұрма, қалтарыс.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, кедергі.* **3.** ауыс. *Айла-шарғылы бүкпе, жалтарыс.*

**БҰЛТАРЫС-ҚАЛТАРЫС** зат. **1.** *Әр алуан бұлтармалы бұрылыстар мен жалтарыстар.* **2.** *Бүкпе, айла-шарғылар мен жалтарыстар.*

**БҰЛТАРЫССЫЗ** сын. **1.** *Бұлтарысы жоқ, бүкпесіз, тура.* **2.** ауыс. *Бүкпесіз, ашық, дәл.* **3.** ауыс. *Еш күмәнсіз, нақты.*

**БҰЛТАРЫСТЫ** сын. *Бұлтарысы бар, бүкпелі, жасырын.*

**БҰЛТ-БҰЛТ** елік. *Бұлтаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бұлт-бұлт етті**. *Бұлтыңдап тез қимылдады.* **Бұлт-бұлт ойнады.** *Қолдың, дененің сомдалған бұлшық еттері әдемі қозғалақ қағып, ойнақшыды.*

**БҰЛТИ=** ет. **1.** *Томпайып тұру, торсию.* **2.** ауыс. *Томпиып, сүйкімді болып көріну.*

**БҰЛТИТ=** ет. **1.** *Ұртын толтырту.* **2.** *Томпайтып шығару, бажырайю.*

**БҰЛТИТУ** *Бұлтит етістігінің қимыл атауы; томпайту, ұртын толтыру.*

**БҰЛТИЫС=** ет. *Томпайысу, торсиып тұрысу.*

**БҰЛТИЫСУ** *Бұлтиыс етістігінің қимыл атауы; ренжісу, араз болу*

**БҰЛТИЮ** *Бұлти етістігінің қимыл атауы; томпайту, ұртын толтыру.*

**БҰЛТҚУ** *Бұлтқы етістігінің қимыл атауы; бұлтаңдау, тез қимылдау.*

**БҰЛТҚЫ=** ет. *Ұстатпай, тайқып шығып кету, тез қимылдау.*

**БҰЛТ-СҰЛТ** елік. сөйл. *Бірқалыпты емес, тепе-теңдік сақтамай жүрген жүрісті немесе сондай қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Бұлт-сұлт етті.** *Қиқаңдады, жеңілтектік көрсетті.*

**БҰЛТСЫЗ** сын. *Бұлты жоқ, ашық.*

**БҰЛТТАЙ** сын. *Бұлт сияқты, бұлт тәрізді.*

**Бұлттай қаптады**. *Өте көп болып самсады.*

**БҰЛТТАН=** ет. **1.** *Аспанды бұлт басу.* **2.** ауыс. *Көңілсіздік басу, ұнжырғасы түсу.*

**Күн бұлттанды.** *Жаңбыр жауайын деді.*

**БҰЛТТАНУ** *Бұлттан етістігінің қимыл атауы; бұлт пайда болу.*

**БҰЛТТАУ** сын. *Аспан шамалы ғана бұлтты.*

**БҰЛТТЫ** сын. **1.** *Бұлт торлаған, бұлты бар, бұлты көп.* **2.** ауыс. *Қайғылы, түнерген, көңілсіз.*

**БҰЛТТЫЛЫҚ** зат. *Аспанның бұлтты болуы.*

**БҰЛТША** үст. *Бұлтқа ұқсап, бұлт сияқты.*

**БҰЛТЫҚ** сын. *Томпиып ісінген.*

**БҰЛТЫҚ-БҰЛТЫҚ** сын. *Тегіс емес, буын-буын.*

**БҰЛТЫҚСЫЗ** сын. *Түзу, тегіс, бұлтығы жоқ.*

**БҰЛТЫҚТА=** ет. сөйл. ***Бұлтылдау***.

**БҰЛТЫҚТАУ**[1] сын. *Біраз ісіңкіреген, томпиған.*

**БҰЛТЫҚТАУ**[2] *Бұлтықта етістігінің қимыл атауы;*

**БҰЛТЫЛ** зат. *Бұлт-бұлт еткен ойнақы жүріс.*

**Бұлтыл қақты**. *Бұлшық еті ойнақшыды; бұлт-бұлт етті, бұлтылдап әдемі қозғалды.*

**БҰЛТЫЛДА=** ет. **1.** *Бұлшық еттің бұлт-бұлт етуі.* **2.** *Екі ұрты біресе томпайып, біресе ішке қайтуы.* **3.** ауыс. *Бұлтыңдау, ойнақтау, ойнақшу.* **4.** *Бұлт-бұлт етіп тұра алмау, ойнақшу, қозғалақтау.* **5.** *Біресе анда, біресе мұнда алмасу.* **6.** ауыс. жағымсыз. *Қылмыңдау, жылпыңдау.*

**БҰЛТЫЛДАҚ** сын. *Бір қалыпта тұрмайтын, ойнақшып тұрған.*

**БҰЛТЫЛДАҚ** зат. *Түйенің төрт аяғының жер басатын, жұмсақ қара құқайлы табаны.*

**БҰЛТЫЛДАҚТЫҚ** зат. *Бұлтылдақ болушылық, жалтарып кететін өзгергіштік, тұрақсыздық.*

**БҰЛТЫЛДАТ=** ет. *Бұлт-бұлт еткізу, ойнақшыту.*

**БҰЛТЫЛДАТУ** *Бұлтылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛТЫЛДАУ** *Бұлтылда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛТЫҢ** зат. **1.** *Екі жаққа кезек-кезек ауып отыратын жүріс.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Жалтарыс, екіжақтылық.*

**Бұлтың етті.** а) ***Бұлт етті.*** ә) *Аяқ астынан ренжіді, бұрқ етті.* **Бұлтың қақты**. а) *Бұлт-бұлт етіп ойнақшыды.* ә) *Бебеу қақты, ойнақыланды.*

**БҰЛТЫҢ-БҰЛТЫҢ** елік. **1.** *Ауызға тамақ салып алып жегендегі ұртты томпаңдауын бейнелейтін сөз.* **2.** *Бұлшық еттің бұлтылдап ойнақшуын бейнелейтін сөз.*

**БҰЛТЫҢДА=** ет. **1.** *Бұлтың-бұлтың ету, бұлтылдау, ойнақшу.* **2.** ауыс. *Ренішті қабақ білдіру, бұртыңдау.*

**БҰЛТЫҢДАТ=** ет. *Бұлт-бұлт еткізу, ойнақыландыру.*

**БҰЛТЫҢДАТУ** *Бұлтыңдат етістігінің қимыл атауы; бұлтың-бұлтың еткізу, ойнақыландыру.*

**БҰЛТЫҢДАУ** *Бұлтыңда етістігінің қимыл атауы; ойнақшу, бұлтылдау, тез қимылдау.*

**БҰЛҮЙРЕК** зат. *Кәдімгі жабайы үйректің бір түрі.*

**БҰЛШЫҚ: бұлшық ет.** а) анат. <лат. musculus> *Ағза клеткаларының қозғалу қабілетін басқаратын жиырылғыш ет тарамдары.* ә) *Денесінің сыртына бұлтылдап шығып тұратын, шынықтырылған ет.* **Бұлшық ет жүйесі**. анат. *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және омыртқасыздарда денені қозғалысқа келтіретін мүше.*

**БҰЛШЫҚ**[2] зат. сөйл. ***Бұлшық ет.***

**БҰЛШЫҚТЫ** сын. *Бұлшық еті жетілген, бұлтиып білеуленген, бунақ-бунақ.*

**БҰЛЫҚ**[1] зат. *Ердің былғары көпшігі.*

**БҰЛЫҚ**[2] зат. **1.** *Жиек, түтік, шырға.* **2.** *Шетін айналдыра қызыл, қара матамен көмкерген екі қабат төсек киіздің көмкермесінің арасына салған сыздық мата.* **3.** *Шалбардың сыртқы тігіс бойына ұзыннан салынатын жапсырма; лампас.*

**БҰЛЫҚ**[3] зат. сөйл. ***Соқа***.

**Бұлық айдау**. *Жер жырту, соқа айдау.*

**БҰЛЫҚ**[4] зат. *Желкеннің арқанын өткізетін бір-біріне беттестірілген кішкене тақтай.*

**БҰЛЫҚ**[5] зат. ***Бөлме.***

**БҰЛЫҚСУ** *Бұлықсы етістігінің қимыл атауы.*

**БҰЛЫҚСЫ=** ет. **1.** *Ытқып, ақтарыла ағу.* **2.** ауыс. *Толықсу, толқу, теңселу, майысу.* **3.** ауыс. *Толықсу, толқу, теңселу, майысу.* **4.** ауыс. жағымсыз. *Менменсу, тәкаппарсу.*

**БҰЛЫҚСЫТ=** ет. *Аласұрту, екпіндету.*

**БҰЛЫҚСЫТУ** *Бұлықсыт етістігінің қимыл атауы: аласұрту, екпіндету.*

**БҰЛЫҚТЫР=** ет. *Буырқандыру, толықсыту, толқыту.*

**БҰЛЫМ-БҰЛЫМ** сын. *Бұрылысты, қалтарысты.*

**БҰЛЫН**[1] зат. көне. ***Тұтқын.***

**БҰЛЫН**[2] зат. *Сағаның жебе қажамас үшін аң терісімен қапталған жері.*

**БҰЛЫНДАЙ** сын. *Бұлын сияқты.*

**Садаққа салған бұлындай.** *Анық, айқын.*

**БҰЛЫҢ**[1] сын. *Ирелең, бұрылысы көп. // Бұлтарыс, бұрылыс.*

**Бұлың бел.** *Бір-біріне жалғас, белең-белең, қалтарысты жол.* **Бұлың берді.** *Бұлдырап елестеді.*

**БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ**[1] сын. *Қуыс-қуыс, бөлек-бөлек, қалтарысы көп.*

**БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ**[2] сын. *Бұлдыр, анық емес, айқын емес.*

**БҰЛЫҢҒЫР** сын. **1.** *Ашық емес, буалдыр, тұманды, сағымдалған.* **2.** ауыс. *Бұлдыр-белеңді, көмескі, күңгірт.*

**Бұлыңғыр тартты**. *Көмескіленді, күңгірттенді.* **Бұлыңғыр тауқұдірет**. зат. зоол. <лат. tringa ochropus> *Тат рең тәрізділер отрядының тауқұдірет тұқымдасына жататын құс.* **Бұлыңғыр шыны.** хим. *Мөлдірлігі шектелген шыны.*

**БҰЛЫҢҒЫР-БҰЛДЫР** сын. *Көмескі, бұлдырлану.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛАН=** ет. **1.** *Аспанды бұлт торлап не тұманның түсуінен күннің дұрыс көрінбей, күн көзінің буалдырланып, жарықтың күңгірттенуі.* **2.** *Бұлдырлау, анық көрінбеу.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛАНУ** *Бұлыңғырлан етістігінің қимыл атауы; күңгіртену, көмескілену.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛАТ=** ет. *Бұлдырлату.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛАТУ** *Бұлыңғырлат етістігінің қимыл атауы; күңгірттендіру, буалдырландыру.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛАУ** сын. *Буалдырлау, күңгірттеу.*

**БҰЛЫҢҒЫРЛЫҚ** зат. *Бұлыңғыр тартқандық, күңгірттік.*

**БҰЛЫҢҒЫРТ** сын. *Көмескі, буалдыр.*

**БҰЛЫҢҒЫРТ=** ет. *Күңгірттену, көмескілену.*

**БҰЛЫҢҒЫРТУ** *Бұлыңғырт етістігінің қимыл атауы; бұлдырлану, көмескілену.*

**БҰЛЫҢДА=** ет. *Бұлың-бұлың ету.*

**БҰЛЫҢДАЙ** сын. *Бұлың сияқты, бұлың тәрізді.*

**БҰЛЫҢДАУ** *Бұлыңда етістігінің қимыл атауы; бұлың-бұлың ету.*

**БҰЛЫҢДЫ** сын. *Бұлыңы мол, бұлыңы көп.*

**БҰЛЫҢЫТ=** сын. *Күңгірттену, бұлыңғырлану, буылдырлану.*

**БҰНДА** үст. сөйл. ***Мұнда.***

**БҰНДАЙ** сын. **1.** ***Мұнда*** *(жоғарыда, бағана айтқандай, осындай).* **2.** экспр. *Осыншалықты, мұншама, соншалық.*

**БҰНДАЙДА** үст. сөйл. ***Мұндайда.***

**БҰНДАЙЛЫҚ** сын. сөйл. **1.** ***Мұндайлық.*** **2.** экспр. *Осыншалықты, мұншалықты, сондайлық.*

**БҰНША** үст. сөйл. ***Мұнша.***

**БҰНШАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Мұншалық.***

**БҰНШАМА** үст. сөйл. *Мұншама, осыншама, соншама.*

**БҰНЫСЫЗ** ес. сөйл. ***Мұнсыз.***

**БҰНІКІ** ес. сөйл. *Мұнікі, осынікі.*

**БҰП-БҰЙРА** сын. **1.** *Әжептәуір бұйра, өте бұйра.* **2.** *Ұйысқан, қалың.*

**БҰР=** ет. **1.** *Алған бағытты, бет алысты басқа жаққа өзгерту.* **2.** *Істің, сөздің барысын, бір нәрсенің ыңғайын ауыстыру.* **3.** *Дұрыс түсіндірмей теріске айналдыру.* **4.** ауыс. *Іші елжіреп, жақын тарту.* **5.** ауыс. *Өз жағына шығару.* **6.** ауыс. *Икемдеу, бейімдеу.*

**Бұра басса.** *Ауа басса, сәл қателессе.* **Бұра басуға уақыты болмады.** *Қолы тимеді, мұршасы келмеді.* **Бұра сөйледі.** *Бұрмалады, қулыққа айналдырды.* **Бұра тартты**. *Сыңар езулікке салынды, бұрмалады.*

**БҰРА=** ет. **1.** *Дөңгелете, айналдырып майыстыру.* **2.** *Іштің өтпей, ауруы.*

**Бұрап соқты.** *Алып ұрды.*

**БҰРАДАР** [парсы] зат. көне. *Пірәдар, жолдас, тамыр.*

**БҰРАҚТА=** ет. жерг. *Титықтап, ілінінсалыну.*

**БҰРАҚТАТ=** ет. *Бір нәрсе туралы тура айтпай, тұспалдау айналдырып естірту.*

**БҰРАҚТАТУ** *Бұрақтат етістігінің қимыл атауы; тура айтпау*.

**БҰРАҚТАУ** *Бұрақта етістігінің қимыл атауы. титықтату, болдыру.*

**БҰРАЛ=** ет. **1.** *Айналдыра қозғалу, тартылу.* **2.** *Иір-иір болып шұбатылу, созылу.* **3.** *Толықсып, толқып, майысу.* **4.** *Іші қабысып, қатты қарны ашу.*

**БҰРАЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта орағыштап жұмарлау.* **2.** *Умаждап, үсті-үстіне тықпалау.*

**БҰРАЛАҚТА=** ет. **1.** *Олай-бұлай теңселіп, қисалақтау.* **2.** *Үсті-үстіне тықпалау.*

**БҰРАЛАҚТАУ** *Бұралақта етістігінің қимыл атауы; тықпалау.*

**БҰРАЛАҢ** сын. **1.** *Бұлтарысы мен ирелеңі мол, қисық-қисық.* **2.** ауыс. *Қиыншылығы көп, шырғалаңы мол.*

**БҰРАЛАҢДА=** ет. **1.** *Ирелеңдеп шұбалу.* **2.** *Шайқақ-шайқақ ету, шайқақтай қисалаңдау.* **3.** ауыс. *Тұралау, кедергіге тап болу, тосырқау.* **4.** ауыс. *Екі ойлы болып, тайсақтап, толқу.*

**БҰРАЛАҢДАТ=** ет. **1.** *Шайқақтату, қисалаңдату, ырғалту, теңселту.* **2.** *Ирелеңдету, бұралаң-бұралаң еткізу.*

**БҰРАЛАҢДАТУ** *Бұралаңдат етістігінің қимыл атауы; теңселту, қисалаңдау.*

**БҰРАЛАҢДАУ** *Бұралаңда етістігінің қимыл атауы; қисалаңдау, ырғалу, теңселу.*

**БҰРАЛАУ** *Бұрала етістігінің қимыл атауы, қинау, өзгерту.*

**БҰРАЛҚЫ** сын. **1.** *Қаңғыған, иесіз қалған (ит).* **2.** *Аш-арық (мал). // Сырттан келген бұратана адам, кірме.*

**Бұралқы иттей [күшіктей] сенделді [қаңғырды].** *Бұйірі-бұйіріне жабысып, аш өзегіне түскен.* **Бұралқы сөз**. *Орынсыз айтылған қыңыр сөз, қылжақ.*

**БҰРАЛҚЫЛАН=** ет. **1.** *Ел кезіп, қаңғыбастыққа салыну.* **2.** ауыс. *Жарамсақтану, жағыну.*

**БҰРАЛҚЫЛАНУ** *Бұралқылан етістігінің қимыл атауы; ел кезу, қаңғыру.*

**БҰРАЛТ=** ет. **1.** *Бір жағына қисайттыру.* **2.** *Толықсытып майыстыру, тербелту.* **3.** *Құйқылжыта шарықтату.*

**БҰРАЛТУ** *Бұралт етістігінің қимыл атауы; толықсыту, майыстыру.*

**БҰРАЛУ** *Бұрал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ашығу, аш өзегіне түсу.* **2.** *Ішектің айналуынан түйнеп ауру.*

**БҰРАМА**[1] сын. зерг. **1.** *Бұралып есіліп істелген, ширатылған.* **2.** *Күмісті, алтынды жіптерден өріп істелген.*

**Бұрама бауырсақ**. тамақ. *Қамырды жұмырлай илеп, біріктіріп, бұра қуырған дәстүрлі бауырсақ.* **Бұрама білезік.** қолөнер. *Күмісті, алтынды жіптерден өріп істелген білезік.* **Бұрама жолды түсіргіш.** кен. *Диірменнің қабылдау шетмойнына орнатылған түсіргіш түрі.* **Бұрама жүзік.** *Күмістен ширатып, есіп істелген жүзік.*

**БҰРАМА**[2] зат. зоол. <лат. cossidae> *Ағаш жегі тұқымдасына жататын ірі (75–104 мм) түн көбелегі.*

**БҰРАМА**[3] зат. тех. *Әртүрлі бөлшектерді бір-біріне бекіту үшін қолданылатын тетік.*

**БҰРАМА**[4] зат. өс. *Сортаң жерде өсетін теріскен тектес, ұзындығы 1 м-дей, қызғылт түсті шала бұта.*

**БҰРАМАЛЫ** сын. *Бұралып бекітілетін.*

**Бұрамалы түсіргіш.** кен. *Үйме және даналық жүктерді ауырлық күшінің әсерімен түсіруге арналған көлік құрылғысы.*

**БҰРАМАЛЫҚ**[1] сын. *Бұрамаға қатысты, бұрамаға тән.*

**БҰРАМАЛЫҚ**[2]**: бұрамалық конвейер.** кен. *Үйме жүкті әдетте горизонталь жазықтықта және $20^0$С еңістікте үздіксіз тасымалдауға арналған конвейер.*

**БҰРАН**[1] зат. тех. *Винттің бұрамалы кесінді сызығы.*

**БҰРАН**[2] зат. *Қайықта екі басын иіп жанына ұзыннан салған тақтай.*

**БҰРАНДА** зат. тех. *Ортасындағы ойық бетінде спиральды сызығы бар бірнеше қырлы жалпақ темір кесінді.*

**Бұранда кілт.** тех. *Бұранда мен сомынды бұрап тартуға не болмаса босатуға арналған қол аспабы.*

**БҰРАНДАГҮЛ** зат. өс. *Өзен-көл жағалауларында, батпақта өсетін, қандауыр тәрізді, гүлі ақшыл, көпжылдық өсімдік.*

**БҰРАНДАЖАПЫРАҚ** зат. бот. <лат. vallisneria> *Сукөрік тұқымдасына жататын суда өсетін көпжылдық өсімдік.*

**БҰРАНДАКЕСКІШ** зат. кен. *Бұрандамаға, бұрамаға, бұрамасұқпағы және т.б. тетіктерге бұранда салу үшін қолданылатын кескіш аспап.*

**БҰРАНДАЛА=** ет. *Бұрандамен бекіту.*

**БҰРАНДАЛАУ** *Бұрандала етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРАНДАЛЫ** сын. *Бұрандасы бар.*

**Бұрандалы сорғы.** сушар. *Сұйықтықты ілгерілей жылжитын бұрандалар ішіндегі өзекшемен айдайтын сорғы.*

**БҰРАНТАБАН**: **бұрантабан етік.** *Табаны бұдір-бұдір болып келетін етік.*

**БҰРАНШЫ** зат. кәс. *Бұранды айналдырып, қозғаушы.*

**БҰРАҢ**[1] сын. **1.** *Бұрылыс-бұлтарысы бұлтағы көп, ирелеңді.* **2.** ауыс. *Қиын-қыстаулы.*

**БҰРАҢ**[2] елік. *Ирелең еткен, бұралаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бұраң басты.** *Бұралаңдап, сызылып сәнмен жүрді.* **Бұраң бел.** а) бейн. *Әйел адамның нәзік, талдырмаш, қыпша белі.* ә) поэт. *Бой тұрқы әдемі, сұлу мүсінді, келісті әйел мағынасында.* б) *Өсімдіктің жіңішке, нәзік, ұзын, тік сабағы мағынасында*. **Бұраң етті**. *Қиралаң етті, бұралаңдады.* **Бұраң қақты.** а) *Ирелеңдеп бұралаңдады.* ә) *Әрлі-берлі қозғалып қиралаңдады.*

**БҰРАҢБАС** зат. зоол. ***Бұраубас.***

**БҰРАҢ-БҰРАҢ** елік. *Бұралаңдаған жүрісті бейнелейтін сөз.*

**БҰРАҢҒАР** [моңғ. ]. зат. әск. *Оң қол, оң қанат.*

**БҰРАҢДА=** ет. **1.** *Әрлі-берлі теңселу, бұраң-бұраң ету, бұралаңдау.* **2.** *Көп бұрылыс жасап, ирелеңдеу.* **3.** *Сәнмен майысып, толықсып қозғалу.* **4.** ауыс. *Шыдамай, әлсіздік білдіру.* **5.** ауыс. *Ойын ашық айтпай, әр саққа жүгірту. Түлкі бұлаңға салып, бұлтақтау.*

**БҰРАҢДАС=** ет. *Бірге теңселісу.*

**БҰРАҢДАТ=** ет. **1.** *Бұраң-бұраң еткізу.* **2.** *Сәнмен майысып, толықсып қозғалу.*

**БҰРАҢДАТУ** *Бұраңдат етістігінің қимыл атауы; сәнмен майысып, толықсып қозғалу.*

**БҰРАҢДАУ** *Бұраңда етістігінің қимыл атауы; майысу, наздану.*

**БҰРАҢ-СҰРАҢ** зат. *Бұрылыс, қалтарыс.*

**БҰРАҢСЫЗ** сын. *Тіп-тік түзу, бұрылысы жоқ, бұлтақсыз.*

**БҰРАҢ-ШИМАЙ** зат. *Бұрыс-бұлтағы көп, ирелең.*

**БҰРАП-БҰРАП** үст. **1.** *Қайта-қайта бұрағыштау.* **2.** *Бұлықтырып, бұралап.*

**БҰРА-САЯҚ** сын. көне. *Байланыс-қатысы жоқ, оқшау, бөлек.*

**БҰРАР-ТҰРАР** зат. сөйл. *Арқа сүйер ағайын-туыс, жамағат.*

**БҰРАС=** ет. *Бұрауға көмектесу, қосыла бұрау.*

**БҰРАСУ** *Бұрас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРАТ=** ет. *Айналдыра қозғалту, тартқызу.*

**БҰРАТАЛА** үст. сөйл. ***Біротала***.

**БҰРАТАМЫР** зат. өс. *Жылантамыр (ылғалды жерде өсетін, жапырақтары ұзын, әрі жалпақтау, көгентамыры иір болып бітетін өсімдік).*

**БҰРАТАНА** сын. *Шет аймақта мешеу қалған, бодан, бағынышты, кіріптар. // Бұратана, бодан ел.*

**Бұратана халық [жұрт].** *Бағынышты жұрт, бодан ел.*

**БҰРАТАРТУШЫЛЫҚ** зат. *Кеселденіп әдейі істеушілік, кесірлік.*

**БҰРАТУ** *Бұрат етістігінің қимыл атауы; айналдыра қозғалтқызу.*

**БҰРАТЫЛ=** *Іші қатты ауырып, бұрағаннан құр сүлдері қалу.*

**Бұратылып қалды.** *Іші өтпей, құрғақ ауырды, бұрады.*

**БҰРАУ**[1] зат. *Арқан-жіпті, желбауды тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш.*

**Бұрау басын сындырмады**. *Бос жүрді, қол ұшын қимылдатпады.* **Бұрау салды.** *Дененің бір жерін қатты буып қысты.* **Бұрауы қашты**. *Бабы келмеді, күйі кетті.*

**БҰРАУ**[2] *Бұра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дөңгелете айналдыру.* **2.** *Құлақ күйін келтіру.* **3.** *Іштің өтпей, ауруы.*

**БҰРАУ**[3] зат. *Түлкіні інінен бұрап суырып алатын шыбық.*

**БҰРАУ**[3] зат. *Аяқ пен қолдың қан тамырлары жарақаттанған кезде орап, қан ағуын тоқтатын созылмалы резеңке бау.*

**БҰРАУБАС** зат. зоол. <лат. myospalax myospalax> *Аламандар тұқымдасына жататын жүні өте тығыз, денесінің ұзындығы 26 см келетін, жердің астында тіршілік ететін кеміргіш.*

**БҰРАУДАЙ** сын. *Бұрау сияқты, бұрау тәріздї.*

**БҰРАУЛА=** ет. *Бұрау салып қысу.*

**БҰРАУЛАТ=** *Бұрау салғызу.*

**БҰРАУЛАТУ** *Бұраулат етістігінің қимыл атауы; бұрау салып қысқызу.*

**БҰРАУЛАУ** *Бұраула етістігінің қимыл атауы; бұрау салу.*

**БҰРАУЛЫ** сын. *Бұралып тұрған.*

**БҰРАУЛЫҚ** сын. *Бұрау боларлықтай.*

**БҰРАУШЫ** зат. *Тетікті бұрап айналдырушы.*

**БҰРАУЫШ** зат. тех. *Бұрандалы детальдарды бұрауға арналған электрлік немесе пневматикалық қоласпап.*

**БҰРАШ** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰРҒЫ** зат. **1.** кәс. *Ағашты, темірді үңгіп тесетін құрал.* **2.** *Тау жыныстарын опырып, үгіп бұзатын мәшине аспабы.*

**Бұрғы белдіктері.** кен. *Жерасты, жерүсті және геологиялық барлау жұмыстарында ұңғымаларды бұрғылауға арналған жабдықтар кешені.* **Бұрғы бытырасы.** кен. *Бұрғылау барысында берік таужыныстарды бұзуға қолданылатын, құйма болаттан не шойыннан жасалған шар, текеше, цилиндр тәрізді ұсақ бытыралар.* **Бұрғы көбелек.** зоол. *Көбелектер отрядының бұрғылар тұқымдасының бір түрі.*

**БҰРҒЫБАС** зат. кен. *Ұңғыма бұрғылау кезінде тау жыныстарын кесіп отырып, үгіп, күйрете бұзатын негізгі аспап.*

**БҰРҒЫДАЙ** сын. *Бұрғы сияқты, бұрғы тәрізді.*

**БҰРҒЫЗ=** ет. **1.** *Бұрдыру, беталысын, бағытын өзгерту.*

**БҰРҒЫЗУ** *Бұрғыз етістігінің қимыл атауы; Бұруға мәжбүр ету.*

**БҰРҒЫЛА=** ет. **1.** *Бұрғымен тесіп өңдеу.* **2.** тех. *Жер қыртысы мен тау жыныстарын ойып оқпан жасау.*

**БҰРҒЫЛАН=** ет. *Бұрғымен тесілу.*

**БҰРҒЫЛАНҒЫШТЫҚ** зат. геол. *Тау сілемдерінің бұрғылауға келетін сипаты.*

**БҰРҒЫЛАНУ** *Бұрғылану етістігінің қимыл атауы; бұрғылануы тиіс.*

**БҰРҒЫЛАУ** зат. тех. *Бұрғыла етістігінің қимыл атауы; таужыныстарды жарылғыш заттармен оқтап жару үшін көлденең қимасы дөңгелек болып келетін қуыс жасау.*

**Бұрғылау балғасы.** тех. *Тау жыныстарын, бетон, кірпіш қаламасы сияқты табиғи және жасанды материалдарда ұңғымалар бұрғылауға арналған айналма және ұрма-соқ әрекетті мәшине.* **Бұрғылау жабдығы.** геол. *Бұрғылау ұңғымасын жасауға керек жабдықтар жиынтығы.* **Бұрғылау коронкасы.** кен. *Ұңғыма бұрғылайтын бұрғы қашауының бір түрі, бұрғының жер астындағы тау жыныстарын тесетін негізгі бөлшегі.* **Бұрғылау қондырғысы.** тех. *Бұрғылау мәшинесінен, өзі итергіштен, реттеуші аспап пен ар бадан тұратын кешенді қондырғы.* **Бұрғылау құбырлары.** тех. *Ұңғымалар бұрғылау процесінде қолданылатын арнаулы құбырлар.* **Бұрғылау құдығы.** сушар. *Бұрғылап қазылатын, тереңдігі енінің өлшемінен бірнеше рет артық болатын құбырлы құдық.* **Бұрғылау мәшинелері.** кен. *Таужыныстарда ұңғымалар мен шпурлар бұрғылайтын мәшинелер.* **Бұрғылау мұнарасы.** тех. *Бұрғылау аспаптарын, забой қозғалтқыштары мен құбырларды көтеріп және түсіріп тұру үшін ұңғыма үстіне орнатылатын құрылыстық мұнара.* **Бұрғылау ұңғымасы.** сушар. *Бұрғылау құрал- жабдықтары бар арнайы салынатын имарат немесе жер қыртысын құрайтын таужыныстарда бұрғылау қашауларымен қазылған, ұзындығының диаметріне қатынасы көп мөлшермен сипатталатын цилиндр пішінді тау қазындысы.*

**БҰРҒЫЛАУ-ҚОПАРУ: бұрғылау-қопару әдісі.** кен. *Бұрғылау және опару жұмыстарының әдісі.*

**БҰРҒЫЛАУШЫ** зат. тех. *Кен қопарушы маман.*

**БҰРҒЫЛЫ** сын. *Бұрғысы бар.*

**БҰРҒЫЛЫҚ** сын. *Бұрғыға қатысты, бұрғыға тән.*

**Бұрғылық қазбалар.** кен. *Бұрғылау жабдықтарын орналастыруға және олармен жұмыс істейтін адамдарға арналған қазба.* **Бұрғылық қарнақ.** кен. *Ұңғыма ұңгу бетіне қысылған ауа мен су беру үшін және соғып-бұрып бұрғылау барысында бұрғы ұшына поршень соққысы мен бұрау күшін беріп тұратын іші қуыс болат қарнақ.* **Бұрғылық қашау.** кен. *Айналып тұратын бұрғы ұстынының ұшына орналасқан, негізгі ұңғылау процесін атқаратын құрал.*

**БҰРҒЫТӘЖ** зат. кен. *Соғылып бұрылу әдісімен бұрғылау барысында ұңғыма түбінің бетіне тікелей әсер ететін және оны қопарып бұзатын бұрғының негізгі алмалы-салмалы бөлігі.*

**БҰРҒЫШ** зат. *Бұрушы.*

**БҰРҒЫШЫ** зат. *Бұрғылаушы маман.*

**БҰРҒЫШЫЛЫҚ** зат. *Бұрғышы болушылық, бұрғышы кәсібімен айналысушылық.*

**БҰРДЫҚ=** ет. сөйл. ***Бұрлық.***

**БҰРДЫҒУ** *Бұрдық етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРДЫР=** ет. *Еріксіз бұруға мәжбүр ету, бұрғызу.*

**БҰРДЫРУ** *Бұрдыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЖЕКЕЙ** зат. *Көш өтетін асу, бел.*

**БҰРҚ** елік. *Ауыр заттың кенеттен, оқыс құлағанынан шаң шыққанын бейнелейтін сөз.*

**Бұрқ еткізді.** а) *Бір қайнатып алды.* ә) *Кенет, күтпеген жерден, ойда жоқта.* б) *Бірден жазып тастайды (көркем туынды туралы).* **Бұрқ етті.** а) *Кенет бір будақ шаң, түтін көтерілді.* ә) *Қан, тер бірден шықты.* б) *Гүрс етіп құлап түсті.* в) *Кенеттен оқыс ашуланды.* г) *Күтпеген тосын әңгіме, хабар, сөз гу ете қалды, тарады.* е) *Көк бірден шықты, жер бірден көгерді.*

**БҰРҚА=** ет. **1.** *Қар не топырақ-тозаңды жел үйіріп үйтқу, түтеу, борау.* **2.** ауыс. *Өршелену, шырығу.* **3.** ауыс. *Қайнау, өршу, толқу.*

**БҰРҚАҚ** зат. **1.** *Қарды жай үйтқытып, үйіріп соғатын бұрқасыннан бәсең жел.* **2.** ауыс. *Азап, қиындық.*

**БҰРҚАҚ** зат. жаңа. *Қала көшелері мен саябақтарында әдемілік пен жаз айларда салқындық беретін, су атқылайтын орын.*

**БҰРҚАҚТА=** ет. **1.** *Жел үйткытып, дүркін-дүркін қар борау.* **2.** ауыс. *Қинау, азаптау, ауырлыққа душар ету.*

**БҰРҚАҚТАТУ** *Бұрқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАҚТАТ=** ет. *Қарды үйтқыту, борату.*

**БҰРҚАҚТАУ** *Бұрқақты, бұрқағы басымдау.*

**БҰРҚАЛ=** ет. *Бұрқ-бұрқ ету, бұрқырау.*

**БҰРҚАЛУ** *Бұрқал етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАН** [қалм.] зат. **1.** *Құдай, Жаратушы.* **2.** [моңғ] *Тәңірі, пұт құдайының мүсіні.*

**БҰРҚАН=** ет. **1.** *Аласұрып өршелену, буырқану.* **2.** ауыс. *Қатты ашуланып, кәріне міну, долдану.*

**БҰРҚАНДАН=** ет. *Буырқану, аласұру.*

**БҰРҚАНДАНУ** *Бұрқандан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАН-САРҚАН** сын. *Астан-кестен, бұлқан-тарқан.*

**БҰРҚАНТ=** ет. *Бұрқату, бұрқырату.*

**БҰРҚАНТУ** *Бұрқант етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАН-ТАЛҚАН** үст. сөйл. ***Бұлқан-талқан.***

**Бұрқан-талқан болды.** а) *Тас-талқан болып ашуланды.* ә) *Астан-кестен болды.*

**БҰРҚАН-ТАРҚАН** үст. сөйл. ***Бұлқан-талқан.***

**Бұрқан-тарқан болды.** а) *Астан-кестені шығып бүлінді.* ә) *Тас-талқан боп қатты ашуланды.*

**БҰРҚАНУ** *Бұрқа етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАНЫС** зат. *Тебіреніс, толқу.*

**БҰРҚАҢ** сын. *Түйдектелген, қалың.* // *Буырқанған, тебіренген.*

**БҰРҚАС** сын. *Қою, түйдек, түйдек болып өте шығатын (тұман).*

**БҰРҚАСЫН** зат. **1.** *Қарды үйтқыта, сырғыта соғатын борасын.* **2.** ауыс. *Дүрбелең, аласапыран.* **3.** ауыс. *Ашу, айбат, қаһар.*

**БҰРҚАСЫНДА=** ет. *Қар аралас жел соғып үйтқу.*

**БҰРҚАСЫНДАЙ** сын. *Бұрқасын сияқты, бұрқасын тәрізді.*

**БҰРҚАСЫНДАН=** ет. *Қар аралас желдің үйытқуы.*

**БҰРҚАСЫНДАТ=** ет. *Қарлы боранды үйтқыту.*

**БҰРҚАСЫНДАТУ** *Бұрқасындат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАСЫНДАУ** *Бұрқасында етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАСЫНДЫ** сын. *Қарлы боран аралас, бұрқасыны бар.*

**БҰРҚАСЫНША** үст. *Бұрқасынға ұқсап, бұрқасын тәрізденіп.*

**БҰРҚАТ=** ет. **1.** *Бұрқырату, бораткызу.* **2.** ауыс. *Өршіту, өршелену.*

**БҰРҚАТУ** *Бұрқат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚАУ** сын. *Өршіген, өршеленген, толқыған.*

**БҰРҚАУЛЫ** сын. *Ащы, ашулы, қатты.*

**БҰРҚ-БҰРҚ** елік. **1.** *Топырақты қайта-қайта бұрқылдатуды бейнелейтін сөз.* **2.** *Түтіннің будақ-будақ, бөлініп-бөлініп шығуын бейнелейтін сөз.* **3.** *Сорпа, су, құрт т.с.с. қатты қайнағанын бейнелейтін сөз.* **4.** ауыс. *Оқыстан, қайта-қайта ашуланғанды бейнелейтін сөз.*

**Бұрқ-бұрқ етті.** а) *Топырақ-тозаң бұрқылдап көтерілді.* ә) *Сақырлап қатты қайнады.* **Бұрқ-бұрқ қайнады.** *Ду етіп көтерілді.*

**БҰРҚ-САРҚ** елік. **1.** *Бұрқылдап қатты шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Ашушаң, тез ашуланғыш (адам).*

**Бұрқ-сарқ етті.** а) *Долданып, бұрқанды.* ә) *Бұлқан-талқан болып ашуланды.* **Бұрқ-сарқ қайнады.** а) *Бұрқылдап қатты қайнады.* ә) ауыс. *Қызу қимыл үстінде болды.*

**БҰРҚЫ** зат. көне. *Ел ақтаған дуана.*

**БҰРҚЫЛ** зат. **1.** *Сұйық заттың қатты қайнағандағы қалпы.* **2.** *Әр жерден бір бұрқ етіп көрініп қалатын түтін, шаң будағы.*

**Бұрқыл қақты.** *Бұрқылдады, сауылдады.*

**БҰРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Қалың шаң-тозаң, түтін көтерілу.* **2.** *Сақырлап қатты қайнау.* **3.** *Сауылдап ағу, симетеу.* **4.** *Түтіннің будақ-будақ боп көтерілуі.* **5.** *Шымырлап, бұрқ-бұрқ қайнағандай болу.* **6.** *Ышқынып, алай-түлей болу.* **7.** ауыс. *Реніштi, ашу-ызаны сыртқа шығаруға, адамның өзіне тіке айтуға қаймығып, имене сөйлеу, артынан сөйлеп жату.*

**БҰРҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Бұрқ-бұрқ еткен, қалың шаң-топырақты.* **2.** *Бос, борпылдақ.*

**БҰРҚЫЛДАС=** ет. *Бұрқ-бұрқ етісу.*

**БҰРҚЫЛДАСУ** *Бұрқылдас етістігінің қимыл атауы; бұрқ-бұрқ еткізу.*

**БҰРҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Түтінді, бұрқ-бұрқ еткізіп шығару.* **2.** *Шаңды бұрқыратып сыпыру не қағу.* **3.** ауыс. *Өкірту, бар күшін салып бұрқырату.*

**БҰРҚЫЛДАТУ** *Бұрқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚЫЛДАУ** *Бұрқылда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚЫМ** зат. ***Бұрхан.***

**БҰРҚЫН**[1] зат. ***Бұрхан.***

**БҰРҚЫН**[2] зат. өс. *Ақбас түйежоңышқа.*

**БҰРҚЫРА=** ет. **1.** *Шаң-топырақ, тозаң бұрқылдап көтерілу.* **2.** *Қалың бу, қою түтін көтерілу.* **3.** *Күшті жел тұрып, әлем-тапырық болу.* **4.** *Арнасына сыймай, көбік ату, тасу.* **5.** *Иіс жайылып, ұлғая түсу.* **6.** ауыс. *Сорғалап, саулап кету.* **7.** *Қалай болса солай шашылу, дудырау.* **8.** ауыс. *Бастырмалатып сөйлей беру.* **9.** ауыс. *Үсті-үстіне үдеу, төпеп жауып кету.*

**БҰРҚЫРАТ=** ет. *Бұрқ-бұрқ еткізу, буырқанту.*

**Бұрқыратып жазды.** *Өндіртіп жазып тастады.* **Бұрқыратып жұмсады**. *Аямай, оңдысолды шашып-төкті.*

**БҰРҚЫРАТУ** *Бұрқырат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРҚЫРАУ** *Бұрқыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арнасына сыймау, тасу.* **2.** ауыс. *Шабыттану, шырығу.*

**БҰРЛЫҒУ**[1] зат. вет. *«Топқазы», «қарта түйілу» сияқты жылқы түлігінде болатын ауру.*

**БҰРЛЫҒУ**[2] *Бұрлық етістігінің қимыл атауы; шаршау, болдыру.*

**БҰРЛЫҚ=** ет. **1.** *Шаршап титықтау, болдыру, беті қайту.* **2.** *Малдың «топқазы», «қарта түйілу» сияқты ауырып, болдыруы.* **3.** *Даусы қатты шықпай қарлығу.*

**БҰРЛЫҚТЫР=** ет. *Шаршатып, титықтату.*

**БҰРЛЫҚТЫРУ** *Бұрлықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРМА**[1] зат. этн. *Сал-серілер киетін әшекейлі киім.*

**БҰРМА**[2] зат. **1.** *Бұрылысты, қалтарыс жер.* **2.** ауыс. *Көңіл бүкпесі, астарлы сөз.* **3.** ауыс. *Өмірде кездесетін тосқауыл, кедергі.*

**Бұрма мағына.** ***Ауыспалы мағына.***

**БҰРМАЛА=** ет. *Басқа бағытқа бұрып, теріс түсінік беру, өңін теріс айналдыру.*

**БҰРМАЛАҒЫШ** сын. *Істі бұзып, теріс түсіндіруге бейім.*

**БҰРМАЛАН=** ет. *Бұзып, айтылу, қате түсінік берілу.*

**БҰРМАЛАНУ** *Бұрмалан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРМАЛАУ** *Бұрмала етістігінің қимыл атауы; басқа бағытқа бұрып, теріс түсінік беру.*

**БҰРМАЛАУШЫ** зат. *Істің жайын теріс көрсетуші.*

**БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Істің жайын әдейі бұзып, теріс көрсетушілік, өңін айналдырушылық.*

**БҰРМАЛЫ** сын. *Бұрылыс-қалтарысы көп.*

**БҰРМАСЫЗ** сын. **1.** *Бұрмасы жоқ, бұрылыс-қалтарысы жоқ.* **2.** ауыс. *Қоспасыз, жалтарыссыз; анық, тура.*

**БҰРМАШ** зат. сөйл. ***Бұрма.***

**БҰРМАША** зат. *Айналдырып, бұрып тұратын тиек.*

**БҰРМАШТА=** ет. **1.** *Бұру, бұрмалау.* **2.** *Әртүрлі амал жасап, қиындықтан шығу.* **3.** ауыс. *Көңіл бұрмалау.*

**БҰРМАШТАУ** *Бұрмашта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРНАҒЫ** үст. *Бұрынғы, алдыңғы, арғы.*

**Бұрнағы жыл**. *Өткен жыл, арғы жыл.* **Бұрнағы күні.** *Екі күн бұрын, арғы күні; әнеу күні.*

**БҰРСАН=** ет. **1.** *Айбаттанып қаһарлану.* **2.** *Терлеп-тепшу, бастырылу.*

**БҰРСАНДЫР=** ет. *Айбаттандыру, қаһарландыру.*

**БҰРСАНДЫРУ** *Бұрсандыру етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРСАНТ=** ет. *Айбаттандыру, қаһарландыру.*

**БҰРСАНТУ** *Бұрсант етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТАЙ=** ет. *Дүрдию, кісімсу, қожаңдау.*

**БҰРТАҚ** зат. ***Бұртаң.***

**БҰРТАҚТА=** ет. *Бұртың-бұртың мінез көрсету.*

**БҰРТАҚТАУ** *Бұртақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТАЛАҢДА=** ет. *Бұралаңдау, ірелеңдеу.*

**БҰРТАЛАҢДАУ** *Бұrталаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТАҢ** елік. *Өкпелеген я ренжіген кейіп, қылық, мінезді бейнелейтін сөз.*

**БҰРТАҢ-БҰРТАҢ** елік. *Бұртаңдаған, тұштаңдаған мінез, қылықты бейнелейтін сөз.*

**Бұртаң-бұртаң етті.** *Тұштаңдаған, шошаңдаған мінез, қылық көрсетті, бұртаңдады.*

**БҰРТАҢДАС=** ет. *Бір-бірімен ренжісу.*

**БҰРТАҢДАУ** *Бұртаңда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТАШ** зат. вет. *Малдағы (түйе) зәр шығара алмайтын ауру.*

**БҰРТИ=** ет. **1.** *Томпиып ісініп шығу.* **2.** ауыс. *Өкпе-реніш білдіріп, тымырайып, үндемей қою.*

**БҰРТИТ=** ет. *Реніш білдіріп ауыздарын томпиту.*

**БҰРТИТУ** *Бұртит етістігінің қимыл атауы; ұртын томпиту.*

**БҰРТИЫҢҚЫРА=** ет. *Өкпелегенсіп, ренжіңкіреген сыңай білдіру.*

**БҰРТИЫҢҚЫРАУ** *Бұртиыңқыра етістігінің қимыл атауы; өкпелегенсу, ренжіңкіреу.*

**БҰРТИЫС=** ет. *Өзара өкпелеп, ренжісіп жүру.*

**БҰРТИЫСУ** *Бұртиыс етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТИЮ** *Бұрти етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТЫҚ** сын. *Бұртиған, томпиған.*

**БҰРТЫН** үст. сөйл. *«Бұрын» деген мағынада.*

**БҰРТЫҢ** елік. *Жөні жоқ жерде өкпелеген, кейіген мінезді бейнелейтін сөз.*

**Бұртың етті**. *Өкпелеген, кейіген мінез көрсетті.*

**БҰРТЫҢ-БҰРТЫҢ** елік. *Жөнсіз ренжіген мінездің сипатын бейнелейтін сөз.*

**БҰРТЫҢДА=** ет. *Өкпелеп, бұртың-бұртың ету.*

**БҰРТЫҢДАС=** ет. *Өзара ренжісіп, өкпелеу.*

**БҰРТЫҢДАСУ** *Бұртыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРТЫҢДАТ=** ет. *Шолжаңдату, жөнсіз мінезді көтеру.*

**БҰРТЫҢДАТУ** *Бұртыңдат етістігінің қимыл атауы; ұртын толтырып, ренжіген түр білдіру.*

**БҰРТЫҢДАУ** *Бұртыңда етістігінің қимыл атауы; ренжіп, бұртың-бұртың ету.*

**БҰРУ**[1] сын. сөйл. *Бұрыс, түзу емес, айналма.*

**БҰРУ**[2] *Бұр етістігінің қимыл атауы; бетті екінші бір бағытқа қарай өзгерту.*

**БҰРУЛАУ** сын. жерг. *Келе жатқан беттен едәуір бұрыстау, шеттеу.*

**БҰРХАН** моңғ. зат. діни. *Моңғол, қалмақ буддашыларының табынатын тәңірі, будданың қоладан жасалған мүсіні, идолы.*

**БҰРШАҚ**[1] зат. *Кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын.*

**Бұршақ соқты [ұрды]**. а) *Бұршақтың астында қалды.* ә) *Бұршақ жауып, егінжайға зиян келтірді.*

**БҰРШАҚ**[2] зат. өс. <лат. pisum> *Сопақша келген, ұрығы қабық ішінде орналасқан дақылды өсімдік және осы өсімдіктің дәні.*

**Бұршақ [моншақ] бүйра.** *Қаракөл елтірісі бүйрасының бір түрі.* **Бұршақ бітесі**. зоол. <лат. acyrthosiphon pisum> *Теңқанаттылар отрядының бітелер тұқымдасына жататын жәндік.* **Бұршақ тұқымдасы**. бот. <лат. fadaceae leguminosae> *Қосжарнақтылар тұқымдасына жататын ағаш, бұта, лиана, шалабұта, көпжылдық және біржылдық шөптесін өсімдіктер.*

**БҰРШАҚ**[3] зат. **1.** *Көгеннің қозы-лақ байлайтын түйнекті жібі.* **2.** *Тізбектеліп түйілген түйнек.*

**БҰРШАҚ**[4] зат. өс. жерг. *Жүгері.*

**БҰРШАҚБАС** зат. өс. *Гүлшоғыры бұршақ гүліндей, жабайы, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**БҰРШАҚ-БҰРШАҚ** сын. *Домалақ-домалақ, ірі-ірі.*

**БҰРШАҚБҰТА** зат. өс. *Талбұршақ (қара бұршақ жемісі бар, жабайы өсетін, кішірек бұта).*

**БҰРШАҚҚАП** зат. бот. *Бұршақ тұқымдас өсімдіктердің жемісі.*

**БҰРШАҚҚОЛТЫҚ** зат. өс. *Шалғынды жерде өсетін өсімдік.*

**БҰРШАҚҚОҢЫЗ** зоол. <лат. bruchus pisorum> *Қаттықанаттылар отрядының дәнек қоңыздары тұқымдасына жататын жәндік.*

**БҰРШАҚҚЫН** зат. бот. <лат. siligua> *Екі жеміс жапырақшадан пайда болатын қос ұялы құрғақ жеміс.*

**БҰРШАҚҚЫНША** зат. бот. <лат. siligula> *Тек шаршыгүлділер тұқымдасында ғана болатын көп және бір тұқымды құрғақ жеміс.*

**БҰРШАҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Бұршақ жауып кету.* **2.** ауыс. *Көз жасының, тердің моншақтап, саулап ағуы.* **3.** ауыс. *Жиі-жиі төгіп, боратып жаудыру.*

**БҰРШАҚТА**[2]**=** ет. *Көгенге бұршақ жасау.*

**БҰРШАҚТАЙ** сын. **1.** *Бұршақ сияқты.* **2.** *Бұршақ жауғандай.*

**БҰРШАҚТАЙЫН** сын. *Бұршақтай.*

**БҰРШАҚТАН=** ет. *Көз жасының моншақталып төгілуі.*

**БҰРШАҚТАНУ** *Бұршақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРШАҚТАС=** ет. *Көз жастарын төгісу.*

**БҰРШАҚТАСУ** *Бұршақтас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРШАҚТАТ=** ет. **1.** *Көз жасын моншақтату.* **2.** *Оқ жаудыру.*

**БҰРШАҚТАТУ** *Бұршақтат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көз жасын моншақтату;* **2.** *Оқ жаудыру.*

**БҰРШАҚТАУ**[1] *Бұршақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бұршақ жауу.* **2.** *Көз жасының, тердің моншақтап ағуы.*

**БҰРШАҚТАУ**[2] *Бұршақта етістігінің қимыл атауы; көгенге бұршақ жасау.*

**БҰРШАҚТЫ**[1] сын. *Бұршақ аралас (жауын-шашын).*

**БҰРШАҚТЫ**[2] сын. *Бұршақ тұқымдас.*

**БҰРШАҚША** үст. *Бұршаққа ұқсап.*

**БҰРЫЛ=** ет. **1.** *Алған бағытының өзгертілуі.* **2.** *Келе жатқан бағыттан кері қарай қайту.*

**3.** *Әуелгі беттен өзге бағытқа ауысу, қайырылу.* **4.** ауыс. *Қайта оралу, айналу, кері қайту (уақыт, өмір т.б.).* **5.** ауыс. *Бұрынғы қалпына келу.* **6.** ауыс. *Беті қайту, қаймығу.* **7.** ауыс. *Біреудің сөзін сөйлеп, жақтау, беті ауу.*

**БҰРЫЛАР-БҰРЫЛМАС** үст. *Көзді ашып-жұмғанша, бірден.*

**БҰРЫЛМА** зат. *Айналмалы бұрылыс, бұлтарыс.*

**БҰРЫЛМАЛЫ** сын. *Бұрылысы көп, айналмалы.*

**БҰРЫЛТ=** ет. *Бұрылуға мүмкіндік жасау.*

**БҰРЫЛТТЫР=** ет. *Бұрылуға мәжбүр ету, мүмкіндік жасау.*

**БҰРЫЛТТЫРУ** *Бұрылттыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫЛТУ** *Бұрылт етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫЛУ** *Бұрыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзге бағытқа ауысу, қайырылу.* **2.** *Қарау, мойнын бұру, артына қарау.*

**Бұрылуға шамасы жоқ.** *Уақыты жоқ, қарбалас.*

**БҰРЫЛШАҚТА=** ет. *Бұрылғыштау, қарағыштау.*

**БҰРЫЛЫМ** зат. *Бұрылатын жер, айналма тұс.*

**БҰРЫЛЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Қырын беріп, айналыңқырау, бұрыла түсу.* **2.** *Алған бағыттан сәл шалғайлау кету.*

**БҰРЫЛЫҢҚЫРАУ** *Бұрылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫЛЫС** зат. **1.** *Жолдың бір бүйірге қарай айналған тұсы, бұрылмасы, бұлтарысы.* **2.** ауыс. *Бір істің даму барысындағы түбегейлі өзгеріс, бетбұрыс.*

**БҰРЫЛЫС-БҰЛТАҢСЫЗ** сын. *Бұрылыссыз, қалтарыссыз, түзу.*

**БҰРЫЛЫСТА=** ет. *Бұрылыс жасау.*

**БҰРЫЛЫССЫЗ** сын. *Бұрылысы жоқ.*

**БҰРЫЛЫСТАУ**[1] сын. *Тура емес, сәл бұрылыңқы.*

**БҰРЫЛЫСТАУ**[2] *Бұрылыста етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫЛЫСТЫ** сын. *Бұрылысы көп.*

**БҰРЫМ** зат. *Өрілген ұзын шаш.*

**БҰРЫМ-БҰРЫМ** сын. сөйл. *Бұрылыс-қалтарыс.*

**БҰРЫМБАЛЫҚ** зат. зоол. *Африка және Азияның тұщы суларында мекендейтін балық.*

**БҰРЫМДА=** ет. *Шашты бір не екі сала етіп өру.*

**БҰРЫМДАЙ** сын. **1.** *Бұрым сияқты.* **2.** ауыс. *Үлкен, бұйраланған.*

**БҰРЫМДАУ** *Бұрымда етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫМДЫ** сын. **1.** *Өрілген шашы, бұрымы бар.* **2.** ауыс. *Қалың өскен.*

**БҰРЫМТАЛ** сын. *Сәл бұрыстау, шеткерірек.*

**БҰРЫН** үст. **1.** *Ілгергі уақытта, бұрынғы кезде, ертеректе.* **2.** *Алдын ала, мөлшерлі уақыттан ерте.* **3.** *Ең әуелі, алдымен.*

**Бұрын, бұрын, бұрында.** фольк. *Тым ерте кезде.* **Бұрын жоқ мінез.** *Жаңадан пайда болған әдет, қылық, іс-әрекет.*

**БҰРЫНҒЫ** сын. **1.** *Баяғыдағы, ілгеріде болған; ертедегі, ескі, көне.* **2.** *Бастапқы, әуелгі.*

**Бұрынғы бұрынғы ма.** *Ол ол ма, одан бетер.* **Бұрынғы өткен заманда.** *Баяғыда, ерте уақытта.* **[Бұрынғы] таз қалпына келді [түсті].** *Бұрынғы қалпына келді, қайта қалпына түсті.* **Бұрынғыдан [бұрынғысынан] бетер.** *Әуелгіден де әрі, одан әрмен.*

**БҰРЫНҒЫДАЙ** сын. **1.** *Ертерек кездегідей, баяғыдай.* **2.** *Сол ілгерідегідей, әуелдегідей.*

**БҰРЫНҒЫ-КЕЙІНГІ** сын. *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңғы.*

**БҰРЫН-СОҢ** үст. *Ешқашан, ешуақытта.*

**БҰРЫН-СОҢҒЫ** сын. ***Бұрындары.***

**БҰРЫН-СОҢДЫ** үст. *Бұған дейін, ешқашан, еш уақытта.*

**БҰРЫНЫРАҚ** үст. **1.** *Сөз болып отырған кезден ілгерірек, ертерек.* **2.** *Алдымен, ертелеу, әуелде.* **3.** *Сәл бұрын, алғашқы болып озыңқырап.*

**БҰРЫНЫРАҚТА** үст. *Ертеректе, ілгерірек кезде.*

**БҰРЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Тура қалпын өзгертіңкіреу.* **2.** ауыс. *Бұра сөйлеңкіреу, бұрмалаңқырау.* **3.** ауыс. *Тұспалдау, негізгі ойдан ауыңқырау.*

**БҰРЫҢҚЫРАУ** *Бұрыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫС**[1] сын. **1.** *Келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері бұрылыс, алшақ.* **2.** *Дұрыс емес, оғаш, теріс.*

**Бұрыс бөлшек.** мат. *Алымы бөліміне тең не одан үлкен бөлшек.* **Бұрыс жер.** *Бағыттан қиыс, шеткері жер.* **Бұрыс жол.** а) *Бұрылыстау, шеткері жол.* ә) ауыс. *Дұрыс емес, теріс бағыт.*

**БҰРЫС**[2] [ор. брус] зат. жерг. *Қайықтың бөліктерін ұстап, бекітіп тұратын ұзын ағаш, бөрене.*

**БҰРЫС=**ет. **1.** *Өзеннің, бағыттың беталасын өзгерту.* **2.** *Сөздің, әңгіменің тақырыбын ауыстыру, сөз нысанын басқаға аударысу.*

**БҰРЫССЫЗ** сын. *Бұрылыс-қалтарысы жоқ.*

**БҰРЫСТАУ** сын. **1.** *Қиыстау, шеттеу, шалғайлау.* **2.** *Дұрыстығы шамалы, дүдамалдау.*

**БҰРЫС-ТЕРІС** сын. *Дұрыс емес, оғаш.*

**БҰРЫСТҮЙІРЛІК: бұрыстүйірлік құрылым.** геол. *Крситалл түйірлік құрылымның бір түрі.*

**БҰРЫСТЫҚ** зат. **1.** *Жол бойынан шеткері болушылық, қиыстық.* **2.** *Дұрыс емес, теріс болушылық.*

**БҰРЫСУ** *Бұрыс етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫСЫРАҚ** сын. *Шалғайлау, алшақтау.*

**БҰРЫШ**[1] зат. **1.** *Үй қабырғаларының ұшкілдене түйіскен жері.* **2.** *Заттың екі жағының, жақтауларының немесе ұзындығы мен енінің ұшкілдене түйіскен жері.* **3.** *Көшенің түйіскен жері, екі көшенің қосылған тұсы.* **4.** *Елдің белгілі әрбір түкпірі.* **5.** *Бөлме ішінің көрме ұйымдастыруға арналған бір бөлігі, мүйісі.* **6.** *Шалғайдағы, алыстағы елдімекен, шеткері аймақ.* **7.** геом. *Бір нүктеден шыққан әртүрлі екі сәуледен құралған геометриялық фигура.* **8.** ауыс. *Баспана боларлық орын-жай, қуыс жер.* **9.** ауыс. *Жан дүниесінің ішкі бір қалтарысы, сыры.*

**Бұрыш өлшеу.** мәшинежас. *Мәшине жасауда оның детальдарының бұрыштық өлшемдерін анықтау.* **Бұрыш трисекциясы.** геом. <лат.tri – үш, sectio қию> *Бұрышты тең үш бөлікке бөлу туралы ежелден белгі салу есептемелерінің бірі.*

**БҰРЫШ**[2] зат. **1.** бот. <лат. capsicum> *Алқа тұқымдасына жататын біржылдық немесе көпжылдық шөптесін, кейде бұта немесе жартылай бұта өсімдік.* **2.** өс. < лат. piper> *Бұрыш тұқымдасына жататын өсімдіктер тобы, бұталар, кейде шағын ағаштар мен шөптер.* **3.** тамақ. *Дәмдеуіш ретінде тамаққа қосатын қызыл, қара түсті, ащы дәмді болып келетін осы өсімдік жемісінің кептірілген ұнтасы.*

**БҰРЫШ-БҰРЫШ** зат. **1.** *Үңгыл-шұңғыл, көп қуыс.* **2.** *Түкпір-түкпір, жан-жақ.*

**БҰРЫШӨЛШЕР** зат. әск. **1.** *Артиллериялық қарулардың көздеу құрылғыларындағы бағдарлану және барлау құралдарындағы бұрышөлшегіш аспаптардың бір бөлігі.* **2.** *Артиллерияда қабылданған көлбеу бұрыштың атауы.*

**Бұрышөлшер бөлігі.** әск. *Артиллериядағы бұрыштық шамалардың бірлігі – шеңбер ұзындығының 1/6000 бөлігіндей доғалы центрлік бұрыш.*

**БҰРЫШӨЛШЕУІШ** зат. тех. *Бұрыштарды өлшеуге арналған құрал.*

**БҰРЫШСАУЫТ** зат. *Дәмдеуіш ретіндегі бұрыш ұнтағын салып қоятын, пайдалануға ыңғайлы кішкене ыдыс, бұрыш салғыш.*

**БҰРЫШСЫЗ** сын. *Үшкілсіз, доғаланып келген, жұмыр.*

**БҰРЫШТА**[1]**=** ет. *Үшкілдеп, бұрыш шығару.*

**БҰРЫШТА**[2]**=** ет. *Асқа бұрыш қосу.*

**БҰРЫШТАҒЫШ** зат. мат. *Бұрыш жасаушы.*

**БҰРЫШТАЙ** сын. *Бұрыш (ащы жеміс) сияқты.*

**БҰРЫШТАЛ**[1]**=**ет. *Үшкілдену, бұрыш шығарылу.*

**БҰРЫШТАЛ**[2]**=** ет. *Бұрыш қосылу.*

**БҰРЫШТАЛУ** *Бұрыштал етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫШТАМА** зат. *Ресми іс қағазына құзырлы адамның қоятын белгісі, тұжырымы.*

**Бұрыштама соқты.** *Қатынас қағаздың шетіне мөр басты, қол қойды.* **Бұрыштама соқтырды.** *Қол қойдырды, растатты, бекітті.*

**БҰРЫШТАМАЛЫ** сын. *Бұрыштама қойылған.*

**БҰРЫШТАН=** ет. *Үшкілденіп бұрыш жасалу.*

**БҰРЫШТАНДЫР=** ет. *Үшкілдендіріп бұрыш жасату.*

**БҰРЫШТАНДЫРУ** *Бұрыштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫШТАНУ** *Бұрыштан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫШТАТ=** ет. *Үшкілдетіп, бұрыш жасату.*

**БҰРЫШТАТУ** *Бұрыштат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰРЫШТАРАН** зат. өс. *Таран тұқымдасына жататын; биіктігі 20–60 см, бұтақты біржылдық, шөп сабақтас өсімдік.*

**БҰРЫШТАУ**[1] сын. *Сәл-пәл бұрыштанған, оңашалау, тасалау.*

**БҰРЫШТАУ**[2] *Бұрышта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бұрыш салу.* **2.** *Үшкіл жасау.*

**БҰРЫШТЫ**[1] сын. **1.** *Бірнеше бұрышы бар, қырлы.* **2.** *Бұрыштап бүктелген.*

**Бұрышты қайтарғыш.** әск. *Жоғары қайтарғыш қабілеті бар, жинақы жасанды радиолокациялық нысан ретінде қолданылатын электромагниттік толқындарды қайтарғыш.*

**БҰРЫШТЫ**[2] сын. *Бұрыш қосылған, бұрышы бар.*

**Бұрышты ішімдік.** *Бұрыш қосылып тұндырған алкогольді сусын.*

**БҰРЫШТЫҚ**[1] зат. астр. <лат. norma> *Аспанның оңтүстік жарты шарындағы шағын шоқжұлдыз.*

**БҰРЫШТЫҚ**[2] зат. жерг. *Үйдің бұрышына қорған ретінде жасалған құрылыс.*

**БҰРЫШТЫҚ**[3] сын. *Бұрышқа тән, бұрышқа қатысты.*

**Бұрыштық жиілік.** мат. *Периодты тербелмелі процестің 2 П (пи)-ге тең уақыт аралығындағы толық тербеліс саны.* **Бұрыштық жылдамдық.** мат. *Қатты дененің айналу шапшаңдығын сипаттайтын векторлық шама.* **Бұрыштық үдеу.** мат. *Бұрыштық жылдамдықтың өзгеру шапшаңдығын сипаттайтын векторлық шама.*

**БҰРЫШТЫЛАУ** сын. *Бұрышталып келген.*

**БҰРЫШТІСТІЛЕР** зат. зоол. <лат. hynobidae> *Құйрықтылар отрядына жататын қосмекенділер.*

**БҮТ**[1] зат. 1. *Адамның жүру-тұру қызметін атқаратын жамбастан төмен қарайғы дене бөлігі, борбай.* 2. *Адамның аяғы.* 3. *Малдың, жануардың және т.б жамбастан төмен қарайғы дене бөлігі.* 4. *Ошақтың, мосының, т.б. аяғы, тағаны, тіреуіші.*

**Бұт артар.** *Мінуге жарайтын көлік, мініс ат.* **Бұт артты.** сөйл. *Мінді, көлік қылып алды.* **Бұт көтеріп кету.** *Сарып кету (ит туралы).* **Бұты көктен келді.** *Аяғы аспаннан келді, оңбай жеңілді.* **Бұтынан борсық өткізді.** *Алаяқтығымен, өзімшілдігімен және т.б жаман қасиеттерімен атышулы болып, жұрттың қарғысына ілікті.* **Бұтынан борсық [кесіртке] өткір.** қарғ. *Жолы болмасын, қырсық шалсын деген мағынада.* **Бұтын бұт, қолын қол қылды.** а) *Бөлек-бөлек етіп, бөліп тастады, парша-паршасын шығарды.* ә) *Түкке тұрғысыз етті.* **Бұтында бүтін шалбары жоқ.** сөйл. жағымсыз. *Жеке басының қам-қарекетін жасай алмаған, өз қамын өзі жей алмаған деген мағынадағы кеюді білдіретін сөз.* **Бұтын отқа қақтады.** қарап. *Әбден биттеп кеткен кір киімін отқа ұстап биітінен тазартты деген мағынада.* **Бұтын созды [көтерді, керді].** қарап. *Өркөкіректенді, жөнсіз дарақыланды, мұрнын көтерді, астамшылыққа салынды деген мағынада дөрекі айтылған сөз.*

**БҰТ**[2] зат. сөйл. діни. ***Пұт*** *(құлшылық ететін, сиынатын жасанды мүсін, тұлға).*

**БҰТ**[3] зат. сөйл. 1. ***Пұт*** *(40 қадақ, өлшем).* 2. ауыс. *Ауыр, үлкен.*

**БҰТ=** ет. *Аузына түскенін айтып шату, мылжыңдау.*

**БҰТА** зат. 1. *Өркендерінде ағаштікіндей дің болмайтын, түп-түп болып өсетін, бойы ағаштан аласа өсімдіктердің жалпы аты.* 2. бот. <лат.arboretum> *Бұтақтары жер бетіне жайылып, шоғырланып, түп-түп болып өсетін жыңғыл, тобылғы, бозқараған және т.б. сияқты көпжылдық сүректі өсімдік.* 3. ауыс. *Түп-тамыры бір жақыны.* 4. *Бұталы өсімдік басқан жер, дала, бұталы алқап деген мағынада.* 5. *Бұтаның кесіліп, отынға дайындалған шыбықтары.*

**Бұта басын сындырмады**. *Ештеңеге қол ұшын тигізбеді, бос жүрді.* **Бұтаға паналаған [қорғалаған] торғайдай.** *Бас сауғалап, пана іздеген.* **Бұтадан бұтаға секірген торғайдай.** экспр. *Жеңілтек, ұшып-қонған адам туралы айтылатын теңеу сөз.* **Бұтадан қорықты.** *Не болса содан, жоқтан өзгеден қорықты.* **Бұта қорғалаған торғай.** *Пана іздеген, біреудің қамқорлығына келген адам деген мағына.* **Бұта қорғалаған торғайдай.** *Қиын-қыстау шақтарда таяныш-тірек, қамқорлық, пана іздеген адамдай.* **Бұта қуды.** *Бұтадан бұтаға қарай ентеледі, әр бұтаның түбіне тоқтап, алға қозғалды.* **Бұтаның арасы толды**. *Мал көбейді, көп төл алынды деген мағынада.* **Бұта тектес.** бот. *Негізгі діңі білінбей өркендері түбінен бұтақтанып, сүректеніп өсетін өсімдіктер түрі.* **Бұта тұқымдас ағаш**. бот. *Шөптесін және ағаш өсімдіктерден құрылымы жағынан ерекше өркендерінің негізгісі, яғни қатайып сүректенгенмен, діңі болмайтын, биіктігі 4-6 метрден аспайтын көпжылдық өсімдіктер тобы.* **Бұта түбі сөйлесті.** этн. *Тиісті әдетін, салтын, рәсімін сақтамай кездесе салды (әдетте ер адамның ұнатқан қызбен кездесуі туралы айтылады).* **Бұта түбі үй болды.** бейн. *Баспанасыз, күтімсіз күй кешті, күндерін ат үстінде, отбасынан жыраққа өткізді.*

**БҰТА=** ет. 1. *Ағаштың бұтақтарын кесіп, қырқу.* 2. *Ағаш бұтақтарын отқа жағуға ықшамдап кесу, шабу.*

**БҰТА-БҰДЫР** зат. *Бұта өскен, тегіс емес жер.*

**БҰТА-БҰТА** зат. 1. *Қалың бұта.* 2. *Әрбір бұта.*

**БҰТА-БҰР** зат. *Қалың бұталы-жыңғылды жер.*

**БҰТАДАЙ** сын. *Бұта сияқты.*

**Бұтадай сынды.** *Өмірдің қиындығына қарсы тұра алмады, жігері құм болды деген мағынада.*

**БҰТАДӘН** зат. <лат. hololachne> *Жыңғыл тұқымдасына жататын бұта.*

**БҰТАКЕСКІШ** зат. тех. *Ағаш аралас бұталарды кесіп тазалайтын тракторға (экскаваторға) арналған аспалы құрал.*

**БҰТАҚ** зат. 1. *Ағаш діңінің бүйірінен өсетін тармақ-тармақ сабағы, өскін.* 2. бот. *Ағаш діңінің, өсімдік сабағының өркендері мен тамырларының тарамдалған бөліктері.* 3. *Кесілген бөрене мен тақтай бетінде қалған бұтақтың орны, оқыра.* 4. *Шаруашылық мақсаттарға (отынға, құрылысқа) пайдаланылатын ағаштың дайындалып, кесілген өскіндері.* 5. *Зәкірдің және т.б. тарамды заттардың бір тармағы.* 6. ауыс. *Белгілі бір атадан тарайтын ұрпақ, буын.* 7. ауыс. *Біртұтас нәрсенің жеке бір саласы немесе сол саланың тармақ-тарамы.* 8. ауыс. *Арна, бағыт, үрдіс, даму жолы.* 9. ауыс. жағымсыз. *Құмарлық, ессіз берілу т.б. сияқты адамды еркінен айыратын немесе бұзатын әрекет, теріс бағыт мағынасында.*

**Бұтағына [бүрлеген] бүйырған жеміс.** бейн. а) *Несібесі, өзіне тиесілі ризығы.* ә) *Дамуының нәтижесі, тиісті жетістігі.* **Бұтағынан үзіп алған жапырақтай.** бейн. *Негізінен айырылғандай, тірексіздей деген мағынада.* **Бұтақ біткен.** *Барлық бұтақ, бұтағы түгелдей.* **Бұтақ жарды.** *Жаңадан дамыды, өркендеді.*

**БҰТАҚАРАҒАН** зат. өс. 1. <лат. caragana frutex> зат. *Биіктігі 50–200 см, тікенегі аз, бұршақ тұқымдасына жататын қараған өсімдігінің бұталы түрі.* 2. *Осы өсімдіктің түп-түп болып өскен қалың шоғыры.*

**БҰТАҚ-БҰТАҚ** сын. *Сан тармақты, көп салалы.*

**БҰТАҚМҰРТТЫ: бұтақмұрты шаян тәрізділер.** зоол. <лат. cledocera> *Омыртқасыз жануарлардың буынаяқтылар типінің шаянтәрізділер табына жататын жәндіктер.*

**БҰТАҚСЫЗ** сын. 1. *Бұтағы жоқ, сидиған; тарам-тармақсыз.* 2. *Бүйір сабақтардың қалдығы жоқ, кедір-бұдырсыз; оқырасыз.* 3. ауыс. *Ұрпағы жоқ, перзентсіз.*

**Бұтақсыз өсімдік.** бот. *Тарам, тармаққа бөлінейтін, негізгі өркені ғана болатын өсімдік.*

**БҰТАҚТА=** ет. 1. *Өсімдіктің жаңадан желі тартып өсе бастауы.* 2. *Ағаш, жеміс-жидек бұтақтарын ықшамдап кесу, қырқу.* 3. ауыс. *Бір-бірінен сараланып өрбу, өркендеп таралу.*

**БҰТАҚТАЙ** сын. *Бұтақ сияқты.*

**БҰТАҚТАЛ=** ет. 1. бот. ***Бұтақтану*** *(ағаш немесе өсімдік діңінің тармақталуы, өркені мен тамырының тармақталуы).* 2. ауыс. *Бір-бірінен өркендеп таралу, өрбілу.* 3. жерг. *Сөз, хабардың жан-жаққа таралуы.*

**БҰТАҚТАН=** ет. 1. *Ағаш діңіне сабақтар шығып, өркен жаюы.* 2. *Жан-жаққа тармақталу, тармақ-тармақ болып өсе бастау.* 3. бот. *Өсімдік діңі өркені мен тамырының тармақтануы.*

**БҰТАҚТАНҒЫШ** сын. *Тарамға бөлінгіш, тез бұтақтанатын.*

**БҰТАҚТАНУ**[1] зат. бот. *Өсімдік денесінің тармақтанып бөліну процесі.*

**БҰТАҚТАНУ**[2] *Бұтақтан етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАҚТАУ** *Бұтақта етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАҚТЫ** сын. 1. *Бүйір сабақтары қалың, бұтағы көп.* 2. бот. *Денесі тармақталған, көп тарамды өсімдік.* 3. бот. *Бұтақ қалдығы, оқырасы бар.*

**БҰТАҚТЫЛЫҚ** зат. *Бұтақты болушылық, өсімдік денесінің тармаққа бөліну қабілеттілігі.*

**БҰТАҚША** зат. 1. *Ағаш бұтағының кесіп алынған кішігірім тармағы, кішкене бұтақ.* 2. ауыс. *Белгілі бір рудың, атаның шағын тарамы.* 3. *Дене салаларының тармақшалары, тарамданған ұсақ өскіндер.*

**БҰТАҚШАЛЫ** сын. *Кішкене ғана бұтақтары, ұсақ тарамдары бар.*

**БҰТАҚЫНА** зат. бот. *Кладония туысына жататын өсімдік.*

**БҰТАЛ=** ет. 1. *Ағаш бұтақтарының кесілуі, шабылуы.* 2. сөйл. *Бұтарлану, мүшелену.*

**БҰТАЛА=** ет. *Ағаш бұтақтарын кесу.*

**БҰТАЛАН=** ет. *Ағаш бұтақтарының кесілуі, шабылуы.*

**БҰТАЛАНУ** *Бұталан етістігінің қимыл атауы*

**БҰТАЛАР** зат. бот. ***Бұта*** *(түп-түп болып өсетін өсімдіктер).*

**БҰТАЛАУ** *Бұтала етістігінің қимыл атауы*

**БҰТАЛУ** *Бұтал етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАЛЫ** сын. *Түп-түп, шоғыр-шоғыр өскен, бұтасы мол.*

**Бұталы ағаш.** а) бот. *Өркендерінің сүрегі қатты, бойы қарапайым бұтадан биіктеу, бірақ негізгі діңі болмайтын, түп-түп болып өсетін өсімдік, бұта түрі.* ә) *Арасында бұталар өскен қалың ағашты жер, орын.* **Бұталы орман.** *Түп-түп, шоғыр-шоғыр өскен, бұтасы мол көпжылдық өсімдіктерден тұратын орман.* **Бұталы сарышешек.** өс. <лат. rhammatophyllum frutex> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік, орамжапырақтың Қазақстанда кездесетін шөлейтті жерлерде өсетін түрі.*

**БҰТАЛЫҚ**[1] зат. *Бұталы жер.*

**БҰТАЛЫҚ**[2] сын. *Бұта болатын, бұта болып өсетін.*

**Бұталық ақбасбалау.** өс. <лат.asterothamnus fruticosus> *Күрделігүлділер тұқымдасының ақбасбалау тұқымдасына жататын шала бұта.*

**БҰТАНА**[1] зат. жерг. *Мін, шашау кемшілік.*

**БҰТАНА**[2] зат. жерг. *Жаңа шығып келе жатқан ағаштың бұтасы, балапандап өскені.*

**БҰТАНАҚ** зат. жерг. *Шұқанақ, ойлы-шұңқырлы жер.*

**БҰТАНАҚСЫЗ** сын. *Бұтанағы жоқ.*

**БҰТАНАҚТЫ** сын. *Бұтанағы көп, ойлы-шұңқырлы.*

**БҰТАНАЛЫ** сын. жерг. *Міні бар, кемшілігі бар.*

**БҰТАР** зат. жерг. *Ұрпақ, бала.*

**БҰТАРЛА=** ет. 1. *Ағаш бұтақтарын майдалап кесу, ұсақтау.* 2. ауыс. *Бөліп-бөліп жәукемдеу, мүшелеу, боршалау.* 3. *Жан-жақты, бүге-шігесіне дейін жеткізу.* 4. ауыс. *Ұсақ бөліктерге бөліп, әрқайсысын жеке талдау.* 5. ауыс. *Жанын қинау, азаптау.*

**БҰТАРЛАН=** ет. 1. *Жеке-жеке бөліну, мүшелену.* 2. *Әрқайсысы жан-жаққа кету.*

**БҰТАРЛАНУ** *Бұтарлан етістігінің қимыл атауы*

**БҰТАРЛАП-БҰТАРЛАП** үст. *Бұтын бұт, қолын қол қылып, мүше-мүшеге жіктеп.*

**БҰТАРЛАС=** ет. *Бұтарлауға көмектесу.*

**БҰТАРЛАСУ** *Бұтарлас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАРЛАТ=** ет. *Жеке-жеке бөлгізу, мүшелету.*

**БҰТАРЛАТУ** *Бұтарлат етістігінің қимыл атауы; жеке-жеке бөлгізу, мүшелету.*

**БҰТАРЛАУ** *Бұтарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мүшелеу, боршалау.* **2.** *Ұсақ бөліктерге бөлу.*

**БҰТАРЛАУЛЫ** сын. *Жеке-жеке бөлінген, бұталған.*

**БҰТАРСЫЗ** сын. сөйл. *Бұтақсыз, ұрпақсыз, туған-туысы жоқ.*

**БҰТАРТАР** сын. *Мінуге жарайтын, мініс. // Мініс ат, мінуге жарайтын көлік.*

**БҰТАС=** ет. *Бұтауға көмектесу.*

**БҰТАСУ** *Бұтас етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАСЫЗ** сын. **1.** *Бұтасы жоқ.* **2.** ауыс. *Бетке қалқа қыларлық түгі жоқ, мәуесіз, жасылы жоқ.* **3.** ауыс. *Тақыр , бос.*

**БҰТАТ=** ет. *Ағаш кескізу.*

**БҰТАТҚЫЗ=** ет. *Ағаш кескізу, шапқызу.*

**БҰТАТҚЫЗУ** *Бұтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТА-ТАЛ** зат. *Бұта мен тал аралас өскен жер.*

**БҰТАТУ** *Бұтат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰТАУ** *Бұта етістігінің қимыл атауы; ағаш кесу.*

**БҰТАУЛЫ** сын. *Кесіліп, ықшамдалып дайындалған, бұталған (ағаш).*

**БҰТАШАРБАҚ** зат. құр. *Бақты, құрылыс алаңын малдан, желден, теміржолды қар басудан қорғау үшін қатарлап (1-3) жиі отырғызылған бұталар не ағаштар.*

**БҰТАШЫҚ** зат. <лат. fruticulus> *Кішкене бұта, бұта сияқты түбінен бұтақтанатын, негізгі діңі білінбей сүректенген, жіңішке сабақтары түптеніп өсетін жатаған өсімдік.*

**БҰТА-ШЫРМАУЫҚ** зат. *Бұта мен шырмауық немесе олардың аралас өскен жері.*

**БҰТТАЙ** сын. *Бұт сияқты.*

**Бұтын бұттай, қолын қолдай.** этн. *Малдың алдыңғы, артқы аяқтарын мүшелеп, боршалады деген мағынада.*

**БҰТТЫ** сын. *Бұты бар.*

**БҰТТЫҚ** сын. *Пұт мөлшеріндей.*

**БҰТТЫ-ШАТТЫ: бұтты-шатты болды.** сөйл. *Шатпақтап былықты, әбден есі шығып, ебі қашты.*

**БҰТХАНА** сөйл. ***Пұтхана.***

**БҰТЫЛ: бұтыл етік.** сын. *Шала өңделген теріден жасалған өкшесіз, ұлтаны қалың, қонышы кең жұмыс етігі.*

**БҰТЫП-ШАТ=** ет. *Әр нәрсені айтып шатпақтау.*

**БҰТЫП-ШАТУ** *Бұтып-шат етістігінің қимыл атауы.*

**БҰШПАҚ** зат. сөйл. ***Пұшпақ.***

**БҰШПАРА** зат. сөйл. ***Тұшпара.***

**БҰЮ** *Бұй етістігінің қимыл атауы.*

**БҮБІ** зат. көне. ***Мырза.***

**БҮГЕ** зат. этн. *Асықтың шігесіне қарсы дөңестеу жағы, бүк.*

**Бүге деді, шіге деді.** *Ананы айтты, мынаны айтты.* **Бүгесі мен шігесі**. *Белгілі бір істің бар сыры; бақайшағына дейін, түгел.*

**БҮГЕЖЕК** елік. *Қорқып, тоңып т.б күйге түсіп қалтырауды бейнелейтін сөз. // Әр кез бүгіп қала беретін имеңшек, қорғаншақ.*

**Бүгежек қақты**. а) *Қалтырап қатты тоңды.* ә) *Қорқып қалт-құлт етті, дірілдеді.* б) *Құрдай жорғалады, асты-үстіне түсті.*

**БҮГЕЖЕК-БҮГЕЖЕК** елік. *Қайта-қайта бүгежектеуді, бүгежек қағуды, қорқуды бейнелейтін сөз.*

**Бүгежек-бүгежек етті.** елік. *Қалт-құлт етті, дір-дір етіп қорықты.*

**БҮГЕЖЕКТЕ=** ет. **1.** *Бүгжең-бүгжең ету, еңкіштеніп, кібіртіктеу.* **2.** ауыс. *Дірдектеп қатты тоңу.* **3.** ауыс. *Қысылып-қаймығып жасқаншақтау, қорғаншақтау.*

**БҮГЕЖЕКТЕУ** *Бүгежекте етістігінің қимыл атауы; қорқып, тартыну.*

**БҮГЕЖЕҢДЕ=** ет. *Еңкіштеніп бүкірейіп, бүгжең қағу, қалт-қалт ету.*

**БҮГЕЖЕҢДЕУ** *Бүгежеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕЛЕК** зат. сөйл. ***Бөгелек.***

**БҮГЕЛЕКТЕ=** ет. ***Бөгелекте*** *(тиышсызданып бөгелектен қорғану, шыбындау).*

**БҮГЕЛЕКТЕЙ** сын. сөйл. ***Бөгелектей.***

**БҮГЕЛЕКТЕТ=** ет. сөйл. ***Бөгелектет*** *(мазасызданып бөгелектен қорғанту, шыбындату).*

**БҮГЕЛЕКТЕТУ** *Бүгелектет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕЛЕКТЕУ** *Бүгелекте етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕЛІК** зат. сөйл. ***Бөгелек.***

**БҮГЕН** зат. көне. *Батыр, ер.*

**БҮГЕРЛЕ=** ет. көне. **1.** *Бүктеу,жұмарлау.* **2.** *Бүктетілу, бүкшию.*

**БҮГЕРЛЕН=** ет. сөйл. ***Бүктелу.***

**БҮГЕРЛЕНУ** *Бүгерлен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕРЛЕТУ** *Бүгерлет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕРЛЕУ** *Бүгерле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЕШЕК** зат. этн. *Ат тағалағанда аяғын бүгіп байлап қоятын ағаш.*

**БҮГЕ-ШІГЕ** зат. **1.** *Асықтың ұзындығына алғандағы дөңестеу бүк жағы мен ойықтау (шік) жағы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің анық-қанығы, егжей-тегжейі..*

**Бүге-шігесіне дейін қарады [тексерді].** *Бақайшағына дейін қарады, анығына жетті.*

**БҮГЖЕҢ** елік. *Иіліп, иығы құнысып бүкреюді бейнелейтін сөз.*

**Бүгжең қақты.** *Басын төмен иіп, құрдай жорғалады, иіліп қызмет көрсетті.*

**БҮГЖЕҢ-БҮГЖЕҢ** елік. *Қайта-қайта бүкірейіп, бүкшеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**БҮГЖЕҢДЕ=** ет. **1.** *Бүгежектеу, бүкірею, құнысу.* **2.** *Иығын құныстырып, бүрісу.* **3.** ауыс. *Бас көтермей еңбек ету, белі бүкірейгенше біреуге қызмет ету.*

**БҮГЖЕҢДЕУ** *Бүгжеңде етістігінің қимыл атауы..*

**БҮГЖИ=** ет. *Бүкірейіп, бүкшию.*

**БҮГЖИТ=** ет. *Бүкірейту, бүкшиту.*

**БҮГЖИЮ** *Бүгжи етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГЖІҢ** елік. *Бүкшеңдеп бүкірейген қимылды бейнелейтін сөз.*

**БҮГЖІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Бүгежеңде.***

**БҮГЖІҢДЕУ** *Бүгжіңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГУ** *Бүк етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГУЛІ** сын. **1.** *Түзу қалпында емес, бүгілген, иілген.* **2.** ауыс. *Айқын емес, жасырын, құпия.*

**БҮГУСІЗ** үст. *Ашық, жасырын емес.*

**БҮГУШІЛІК** зат. *Ашық еместік, жасырып, құпия ұстаушылық.*

**БҮГІ: биені бүгімен, түйені түгімен жұтты.** *Жебір, жемқор, парақор болды.*

**БҮГІЛ=** ет. **1.** *Алға қарай иілу, еңкею; майысу.* **2.** *Бүғыну, имеңшіктеу, имену.* **3.** *Бүктелу, қайырылу.* **4.** *Майысу, қайқаю, ішке қарай ойысу.* **5.** ауыс. *Мою, қажу, жасу, талу.*

**БҮГІЛ-БҮГІЛ** зат. *Үңғыл-шұңғыл, қалтарыс, иірім.*

**БҮГІЛДІР=** ет. **1.** *Салмағын түсіріп, майыстыру.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық салып еңкіш тартқызу; бейнет көріп иілу.*

**БҮГІЛДІРГІШ** сын. *Бүгілдіретін, жиі бүгілетін.*

**БҮГІЛДІРУ** *Бүгілдір етістігінің қимыл атауы; еңкіш тартқызу, иілту.*

**БҮГІЛТ=** ет. *Еңкейту, иілту, бүгілдіру, майыстыру.*

**БҮГІЛТУ** *Бүгілт етістігінің қимыл атауы; майыстыру.*

**БҮГІЛУ** *Бүгіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бүктелеу, қайырылу.* **2.** *Майысу, иілу.* **3.** ауыс. *Мою, қажу, талу.*

**БҮГІЛУЛІ** сын. сөйл. ***Бүгулі.***

**БҮГІЛІҢКІРЕ=** ет. *Сәл ғана еңкею, бүгілу.*

**БҮГІЛІП-ЖАЗЫЛ=** ет. *Бірде жиырылып, бірде керілу.*

**БҮГІЛІП-ЖАЗЫЛУ** *Бүгіліп-жазыл етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГІЛІС**[1] зат. **1.** *Бүктелген жері, қайырылған тұсы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің қалтарысқырлары.*

**БҮГІН** үст. **1.** *Бұл күн, осы күн.* **2.** *Осы кезде, қазірде.*

**БҮГІНГЕШЕ** үст. сөйл. *Осы күнге дейін, қазірге шейін.*

**БҮГІНГІ** сын. *Осы күнгі, дәл қазіргі. // Кейінгі ұрпақ, қазіргі буын.*

**Бүгінге дейін.** *Дәл осы кезге дейін, осы күні.* **Бүгінгі күн.** *Осы уақыт, қазіргі кез.* **Бүгінгі күні.** *Қазіргі уақытта.* **Бүгінгінің ертеңі бар.** а) *Әр істің жалғасы бар, қай істің де нәтижесін келешек өмір көрсетеді.* ә) *Бүгінгі істелген іске болашақта жауап бересің.* **Бүгінгі таңда**. *Осы кезде, бүгінде.*

**БҮГІНГІДЕЙ** сын. *Осы күнгі сияқты, қазіргідей.*

**БҮГІНГІ-ЕРТЕҢГІ** сын. *Қазіргі таңдағы, болашақтағы.*

**БҮГІНГІЛІК** сын. *Қазіргі, бүгінгі таңдағы.*

**БҮГІНГІШЕ** үст. **1.** *Осы күнгіше, қазіргіше.* **2.** сөйл. *Бүгінге дейін, осы күнге дейін, қазірге шейін.*

**БҮГІНДЕ** үст. *Қазіргі кезде, бұл күнде.*

**БҮГІНДЕЙ** үст. *Бүгінгі сияқты, бүгінгідей, қазіргі кездегідей.*

**БҮГІНДІ** зат. *Жасырып, бүгіп қалған құпия, сыр.*

**БҮГІНДІ-СОҢДЫ** үст. *Ертелі-кеш.*

**БҮГІН-ЕРТЕҢ** үст. *Жақын арада, таяуда.*

**БҮГІНШЕ** үст. *Бүгінгі күні, осы кезде.*

**БҮГІНШІЛ** сын. *Ертеңін ойламайтын.*

**БҮГІҢКІ** сын. *Имиген, иіліңкі.*

**БҮГІҢКІРЕ=** ет. *Бүге түсу, иіңкіреу.*

**БҮГІҢКІРЕУ** *Бүгіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БҮГІС**[1] зат. *Бір нәрсенің бүгіліп тігілген жері.*

**Бүгіс тігіс.** кәс. *Киімдердің етек-жеңдерінің ұштарын, қалтаның аузын т.б. киім бөліктері жиектерінің екі шетін қосып бүгуге қолданылатын тігіс түрі.*

**БҮГІС**[2] сын. *Жасырын, құпия.*

**БҮГІС=** ет. *Бір-бірінен жасырып, құпия ұстау.*

**БҮГІСУ** *Бүгіс етістігінің қимыл атауы.*

**БҮДІР** зат. сөйл. *Тегіс емес, кедір-бұдыр.*

**БҮДІРЛЕ=** ет. *Бір нәрсенің бетіне бұдырлар жасау, бедерлеу.*

**БҮДІРЛЕТ=** ет. *Бір нәрсенің бетіне бұдыр жасату.*

**БҮДІРЛЕУ** сөйл. *Бүдірле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮДІРСІЗ** сын. сөйл. *Теп-тегіс, бұдыры жоқ.*

**БҮЙ**: **бүй деді.** сөйл. *Ауызекі тілдегі «былай деді» дегеннің қысқарған түрі.*

**БҮЙЕ** зат. сөйл. ***Бүйі.***

**БҮЙЕДЕЙ** сын. сөйл. *Бүйі сияқты, бүйі тәрізді.*

**БҮЙЕК** зат. жерг. кәс. *Балық аулауға қолданылатын бірнеше қалтқының жиынтығы.*

**БҮЙЕН** зат. **1.** анат. <лат. cecus> *Тоқ ішектің ашішекке жалғасар шетіне тұйықталып бітетін жуан ішек.* **2.** *Жуандау ішекті кептіріп жасаған ыдыс.*

**Бүйен бет.** *Томпақ бет.* **Бүйен емшек.** *Бүйенге ұқсас сопақ, салбыраған емшек.* **Бүйен карта.** этн. тамақ. *Жылқының қатпар-қатпар майлы ішегінен жасалған сыйлы тағамның түрі.*

**БҮЙЕНДЕЙ** сын. *Бүйен сияқты, бүйен тәрізді.*

**БҮЙЕНҚҰРТ** зат. <лат. chabertiosis> *Ұзындығы 2-2,5 сантиметрдей, денесі буылтық келген ақшыл түсті құрт.*

**БҮЙРЕК**[1] зат. анат. <лат. ren> **1.** *Адам мен жануарлардың іш қуысында, омыртқа бағанасының екі жағында орналасқан мүше, содан жасалаған тағам.* **2.** анат. <лат. ren> *Адам мен омыртқалы жануарлар ағзасында несеп түзетін және оны шығаратын жұп орган.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің өкпе тұсы, тұспа-тұс.* **4.** *Тосын жағдай, оқыс нәрсе.*

**Бүйрегі бұрды**. *Іш тартып, жақын тұтты.* **Бүйрегі бүлк ете түсті.** *Іші сезе қойды, сезіктенді.* **Бүйрегі бүлк етпеді**. *Қаперіне кіріп-шықпады, елемеді.* **Бүйрегі бүлк етті.** *Іштей сезді, сезіктенді, біле қойды.* **Бүйрегі бітеу**. *Майланып кеткен, семіз.* **Бүйрегінде [бүйрегінің түкпірінде] жатты.** *Ішінде сақталды, құпия болды.* **Бүйрек бет**. *Бетінің жоғарғы жағы бұлтиып шығып тұратын, томпиған бет.* **Бүйрекке тас байлану**. мед. <лат. urolithiasis> *Жиі кездесетін несеп тас ауруы, уролитиаз.* **Бүйрек қабынуы.** мед. ***Нефрит.*** **Бүйрек ожау**. этн. *Ағаштан жасалған, ортасы тесік қосарланған ожау.* **Бүйректен сирақ шығарды**. *Болмашы нәрседен шатақ шығарды, орынсыз сөйледі, езулеп кері тартты.* **Бүйрек шығып келе жатты.** *Оқшау келе жатты.* **Бүйрек шықты.** *Оқшауланды, ерекшеленді; ұзыннан шұбырмай, көлденеңдеп келді.*

**БҮЙРЕК**[2] зат. жерг. этн. **1.** *Бұрын қырмандағы астықты қызылдағанда сұрап келушілерге берілетін бидай.* **2.** *Соғым сойған үйдің басқа бір үйге еттен беретін сыбағасы.* **3.** *Мал сойғанда жетім-жесірлерге берілетін сыбаға.*

**БҮЙҚҰТ** үст. жерг. *Хабарсыз алаңсыз.*

**БҮЙРЕК**[3] зат. жерг. кәс. *Түйенің аяғы ісіп кететін ауру.*

**БҮЙРЕКБЕЗ** зат. анат. *Эмбриондық кезеңде шажырқай түбірінің екі қаптальындағы қуыстық эпителийден қалыптасқан, бүйрекүсті безінің қыртысты затын құрайтын ішкі секреция безі.*

**БҮЙРЕКТЕ=** ет. *Шет жағалай, өкпе тұстан жүру.*

**БҮЙРЕКТЕЙ** сын. *Бүйрек сияқты, бүйрек тәрізді.*

**БҮЙРЕКТЕН=** ет. *Бүйрек сияқты боп бұлтию, томпию.*

**БҮЙРЕКТЕНУ** *Бүйректен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЙРЕКТЕТ=** ет. *Бір шеттен, бір тұстан жүргізу.*

**БҮЙРЕКТЕТУ** *Бүйректет етістігінің қимыл атауы; бір шеттен, бір тұстан жүргізіру.*

**БҮЙРЕКТЕУ**[1] сын. **1.** *Белгілі бір тұстан бүйірлеу, шеттеу, оңашалау, оқшаулау.* **2.** ауыс. *Бөтендеу, бөлектеу, басқарақ.*

**БҮЙРЕКТЕУ**[2] *Бүйректе етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЙРЕКҮСТІ: бүйрекүсті безі.** анат. <лат.glandulae suprarenales> *Екі бүйректің үстінде орналасқан, ағзада ақуыздың көмірсуға айналуын және минералды тұздардың алмасуын реттейтін жұп без.*

**Бүйрекүсті без қыртысы.** анат. *Қуыстық мезодерма спланхнотомында дамып жетілетін және жануарлар ағзасына кортикостерсид гармондарын бөлетін бүйрекүсті бездің сыртқы жағындағы заты.*

**БҮЙРЕКШАЙ** зат. өс. *Ерінгүлтектес, биіктігі – 1-1,5 метрдей, бұта болып өсетін көпжылдық шөп.*

**БҮЙРЕКШЕ**[1] зат. тағам. *Қамыр жаймаға малдың, құстың еті оралып, пешке пісірілген бөкпе нан.*

**БҮЙРЕКШЕ**[2] сын. *Бүйрек пішіндес.*

**БҮЙТ=** ет. сөйл. *«Бұлай ет» деген күрделі сөздің ықшамдала келіп кіріккен түрі.*

**БҮЙТЕКТЕ=** ет. сөйл. *Тұғжыңдап, бүкжең-бүкжең ету.*

**БҮЙТКЕНДЕ** үст. сөйл. *«Бұлай еткенде» күрделі сөзінің қысқарған түрі.*

**БҮЙТКЕНШЕ** үст. сөйл. *«Бұлай еткенше» деген күрделі сөздің қысқарған түрі.*

**БҮЙТУ** сөйл. *Бүйт етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЙІ** зат. <лат. lycosa singoriensis> *Өрмекші тәрізді бунақ денелі улы жәндік.*

**Бүйідей бүрліктірді.** *Қатты әлек салды, әлем-тапырағын шығарды, апшысын қуырды.* **Бүйі тиген секілді [тигендей] болды.** *Астан-кестеңі шықты, әлекке түсті.* **Бүйі тигендей бүрісті.** *Жақтырмай, тырысып қалды.* **Бүйі тигендей шулатты [болды, қылды].** *Опыр-топыр қылып, әлек-шәлегін шығарды.*

**БҮЙІДЕЙ** сын. *Бүйі секілді.*

**Бүйідей тиді**. *Қыран жапқандай қылды, қыргидай тиді, әлек салды, апшысын қуырды.*

**БҮЙІЛІК** зат. *Қатыгездік, арамдық.*

**БҮЙІМ** зат. сөйл. ***Бұйым.***

**БҮЙІМТАЙ** зат. сөйл. ***Бұйымтай.***

**БҮЙІР** зат. **1.** *Дененің оң не сол бүйрек тұсы, қыры.* **2.** *Бір заттың орта тұсы.* **3.** *Бір нәрсенің жақын тұсы, жағы, маңайы.* **4.** ауыс. *Оқшау тұс, бұрыс.*

**Бүйір әңгіме.** *Бөтен сөз, сырт әңгіме.* **Бүйірден бөлек біткен бұтақ.** *Бөгде, бірге тумаған адам, көлденең келген кісі.* **Бүйірден бөлек біткен бұтақ сияқты.** *Бөгде, бірге тумаған адам тәрізді, көлденең келген адамдай.* **Бүйірден соғу.** әск. *Жауды толық талқандау үшін бір жақ қанатынан күйрете соққы беруі.* **Бүйірден тиді [қадалды].** *Кенеттен, ойламаған жерден тиді.* **Бүйір таужыныcының ойылымы.** кен. *Таужынысты механикалық құралмен бұзу кезінде байқалатын құбылыс.* **Бүйірі бұрды.** *Көңілі ауды, іш тартты.* **Бүйірі бүлк етпеді**. *Мыңқ етпеді, сескенбеді, қаймықпады.* **Бүйірі бүлк етті**. *Секем алды, ойланып қалды.* **Бүйірі қызды.** *Еліріп, делебесі қозды.* **Бүйірімен жүзушілер.** зоол. *Буынаяқтылар типінің шаянтәрізділер табына жататын жоғары сатыдағы шаяндар.* **Бүйірімнен көр қысты**. *Қорқыныш, үрей биледі.* **Бүйірін бүлк еткізгендей болды.** *Түрткендей болды, селт еткізді.* **Бүйірін таянды.** а) *Екі қолын бүйіріне қойды.* ә) *Қасірет тартып, қатты қайғырды.* **Бүйірі шыққан емес [шыққан жоқ, шықпады].** а) *Аузы асқа жарып көрмеді, тойып тамақ жемеді.* ә) *Жарымады, жетіспеді.* **Бүйірі шықпағыр! [Бүйірің шығып, ас ішпегір; бүйірің томпаймағыр!].** қарғ. *Бойыңа шыр бетпей, тойып ас ішпей өткір!* **Бүйірі шықты.** а) *Қарны қампиып, лықия тойды.* ә) *Қоңданды, семірді.* **Бүйір эрозиясы.** сушар. *Өзен бойының жағалау беткейлерінің су әрекеттерінен бұзылуы.*

**БҮЙІРДАҚ** зат. зоол. *Дене тұрқы 4 см болып келетін аквариум балығы.*

**БҮЙІРЖҮЙКЕЛІЛЕР** зат. зоол. <лат. amphineura> *Молюскілер типінің бір тарамы.*

**БҮЙІРЛЕ=** ет. **1.** *Бүйірінен, мықынынан түйгіштеп алу.* **2.** ауыс. *Тұспа-тұс, қатарласа жүру.*

**Бүйірлеп жүзгіш.** биол. *Шаянтәрізділер табының бүйірімен жүзуші шаяндар отрядының бір түрі.* **Бүйірлеп тесу.** тех. *Бір жанынан, қырынан тесу.*

**БҮЙІРЛЕН=** ет. *Жұмырланып домалана түсу.*

**БҮЙІРЛЕНУ** *Бүйірлен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЙІРЛЕС** сын. *Қатар, іргелес, жанаса, іргелес орналасқан.*

**БҮЙІРЛЕС=** ет. *Бір-біріне түйісе, жанаса, іргелес орналасу.*

**БҮЙІРЛЕТ=** ет. *Бір жақ бүйірінен шықпырту, бүйірінен алу.*

**БҮЙІРЛЕУ**[1] сын. *Шеттеу, оқшаулау, бұрыстау.*

**БҮЙІРЛЕУ**[2] *Бүйірле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЙІРЛІ** сын. *Бүйірі үлкен, іші кең, сыйымды.*

**БҮЙІРЛІК** сын. *Бүйірге тән, жанама.*

**Бүйірлік жуу.** кен. *Ұңғыма мен шпурды бұрғылау барысында пайда болатын шаң түйіршіктерін сумен жуу әдісі.* **Бүйірлік жыныс**. *Бір шеткі, бір қырындағы жыныс.*

**БҮЙІРСЫЗЫҚ** зат. анат. *Дөңгелекауыздылардың, балықтардың, қосмекенділердің (дернәсілдері) денесінің екі бүйіріне ұзына бойы орналасқан арнайы терілік сезім мүшелерінің жиынтығы.*

**БҮК**[1] зат. *Асықтың шігеге қарсы жағы.*

**Бүк түсті.** а) *Аяқ-қолын бауырына алып, бүрісіп жатып алды.* ә) *Дөңестенді, томпиды.* б) *Асық дөңестеу жағымен түсті.* в) *Уайымдады, қайғырды, қамықты.*

**БҮК**[2] зат. сөйл. *Шамшаттар тұқымдасына жататын ағаш түрі.*

**БҮК**[3] сын. *Желсіз тымық, ыстық, қапырық, тымырсық.*

**БҮК=** ет. **1.** *Түзу қалпын өзгерту, ию.* **2.** *Бүктеп қайыру.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені ашық айтпау, жасырып қалу.*

**БҮКЕҢ** елік. *Бүкшеңдеп, тез жүрген қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Бүкең жүріс.** *Бір қалыпты бүлкілдеген жүріс.* **Бүкең қақты.** *Бүкшеңдеп, бүкең-бүкең етті.*

**БҮКЕҢ-БҮКЕҢ** елік. *Бүкшең-бүкшең, еңкең-еңкең еткен қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**БҮКЕҢДЕ=** ет. *Бүкең жүріспен бүкшең қағу, бүкең жүріске салу.*

**БҮКЕҢДЕУ** *Бүкеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКЖЕКТЕ=** ет. *Тік жүре алмай, еңкіштеніп, кібіртіктеу.*

**БҮКЖЕКТЕУ** *Бүкжекте етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКЖЕҢ** елік. *Бүкшеңдеген, бүкірейген ылдым-жылдым қимылды бейнелейтін сөз.*

**БҮКЖЕҢДЕ=** ет. *Бүкшеңдеу, бүкірейіп жүру.*

**БҮКЖЕҢДЕУ** *Бүкжеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКЖИ=** ет. *Бүкшию, бүкжеңдеу, тұқырып, еңкіштену.*

**БҮКЖИТ=** ет. *Бұкшиту, бүкірейту, еңкейту, тұқырту.*

**БҮККІШ** сын. *Ойын құпиялап, сыр жасырғыш.*

**БҮКПЕ**[1] зат. *Жасырын, астарлы, құпия сыр.*

**БҮКПЕ**[2] зат. *Бүгілген,иілген құрылыс ағашы.*

**БҮКПЕ**[3] зат. этн. **1.** *Қарынға салынып қатырылған ет.* **2.** *Ішіне ет, жеміс, көкөніс сияқтыларды салып, бүктеп пісірген нан.*

**Бүкпе шелпек.** этн. тамақ. *Ішіне жеміс қақтары немесе қуырған ет салып бүріп пісірілетін шелпектің түрі.*

**БҮКПЕ**[4] зат. этн. *Асау биені сауғанда, сондай-ақ жылқының арам тұяқтарын суырып, жонып емдегенде алдыңғы аяғын бүгіп, тізесіне кигізетін қайыстан немесе қыл арқаннан жасалған жіп құрсау.*

**БҮКПЕ**[5] зат. кәс. *Шананың табанының үстіндегі бастырманы байланыстырып отыратын көлденең ағаш.*

**БҮКПЕЛЕ**[1]**=** ет. *Жасырып тығу, сездірмеу, құпиялап білдірмеу.*

**БҮКПЕЛЕ**[2]**=** ет. *Асау биені сауу үшін, жылқының арам тұяқтарын суырып, жонып емдеу үшін алдыңғы аяғына бүкпе салу.*

**БҮКПЕЛЕН=** ет. *Көмескі тартылу, ашылмай көмескілену.*

**БҮКПЕЛЕНУ** *Бүкпелен етістігінің қимыл атауы*

**БҮКПЕЛЕУ**[1] *Бүкпеле етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені ашық айтпау, білдірмеу.*

**БҮКПЕЛЕУ**[2] *Бүкпеле етістігінің қимыл атауы (бүкпе салу).*

**БҮКПЕЛІ** сын. *Жиналмалы.*

**БҮКПЕНТАЙ** зат. сөйл. ***Бұқпантай.***

**БҮКПЕНТАЙСЫЗ** сын. сөйл. ***Бұқпантайсыз.***

**БҮКПЕСІЗ** сын. *Бүкпесі жоқ, жасырын құпиясы жоқ.*

**БҮКСИ=** ет. *Еңкіштеніп бүкірею.*

**БҮКСИЮ** *Бүкси етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКСУ** *Бүксі етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКСІ=** ет. **1.** *Мүңкіген нашар иістің жайылуы.* **2.** ауыс. *Арам пиғылды болу, жамандық ойлау.*

**БҮКСІТ=** ет. *Жағымсыз иісін шығарту, бықсыту, ыбырсыту.*

**БҮКСІТУ** *Бүксіт етістігінің қимыл атауы*

**БҮКТЕ=** ет. **1.** *Бүгу, бүгіп қабаттау, қабаттап орау.* **2.** ауыс. *Тырп еткізбей басып қалу.* **3.** ауыс. *Билеп-төстеу.*

**Бүктеп кетті.** *Әй-шайға келтірмей билеп кетті.* **Бүктеп соқты.** *Алып ұрды.*

**БҮКТЕЛ=** ет. **1.** *Мыж-мыж болып астына қайрылу.* **2.** *Аяқ-қолының бауырына жиналуы, жиырылу.* **3.** *Талпаю, күдірею.* **4.** ауыс. *Жеңіліске ұшырау, әлсіздік таныту.*

**БҮКТЕЛДІР=** ет. *Иландыру, еліту, барынша жеткізу.*

**БҮКТЕЛДІРУ** *Бүктелдір етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКТЕЛУ** *Бүктел етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКТЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Жиырылып қайрылыңқырау.*

**БҮКТЕМЕ**[1] сын. *Тез жиып алынатын, жинамалы.*

**БҮКТЕМЕ**[2] зат. жаңа. ***Буклет.***

**БҮКТЕМЕЛІ** сын. **1.** *Тез жинауға, жазып жіберуге ыңғайлы, ашпалы-жазбалы.*

**Бүктемелі ұстара.** *Пайдаланар алдында арнаулы қайысқа не брезентке жанып алып қырынатын ұстара.*

**БҮКТЕСІН** зат. **1.** *Заттың бүктелген, қайырылған жері.* **2.** ауыс. *Бүкпе, жасырын, құпия сыр.*

**БҮКТЕТ=** ет. *Жинату, орату.*

**БҮКТЕТУ** *Бүктет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКТЕТІЛ=** ет. *Жиырылу, қайрылу, еңкейтілу.*

**БҮКТЕТІЛУ** *Бүктетіл етістігінің қимыл атауы; жиырылу, қайырылу.*

**БҮКТЕУ**[1] зат. полигр. *Полиграфиялық өндірісте кітап, журнал т.б. жасау үшін қағаз парағын белгілі бір тәртіппен бүктеу процесі.*

**Бүктеу машинасы.** полигр. *Кітап, журнал, газеттердің басылып шыққан парақтарын дәптер түріне келтіріп бүктейтін машина.*

**БҮКТЕУ**[2] *Бүкте етістігінің қимыл атауы; орау, жиыру, қайыру.*

**БҮКТЕУЛІ** сын. *Қабаттап бүктелген, қаттаулы.*

**БҮКТЕУШІ: бүктеуші аппарат.** полигр. *Кітап, журнал, дәптер сияқты басқа өнімдердің парақтарын белгілі бір тәртіппен бүктейтін техникалық құрылғы.*

**БҮКТІЗЕ** зат. жерг. кәс. *Ат тағалағыштағы аттың аяғын иіп қоятын жері.*

**БҮКТІР=** ет. **1.** *Қайырту, жиырту.* **2.** *Тұқыртып, еңкіш тартқызу.*

**БҮКТІРУ** *Бүктір етістігінің қимыл атауы; тұқыртып, еңкіш тартқызу.*

**БҮКШЕҢ** елік. *Бүкірейген, бүкшеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Бүкшең қақты.** *Бүкірейіп алып, ылдым-жылдым қозғалды, бүкшеңдеді.*

**БҮКШЕҢ-БҮКШЕҢ** елік. *Бүкірейген, ылдым-жылдым қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**БҮКШЕҢДЕ=** ет. *Бүкшең қағу, бүкірейіп қимылдау.*

**БҮКШЕҢДЕТ=** ет. *Бүкшең қақтыру, бүкірейту.*

**БҮКШЕҢДЕТУ** *Бүкшеңдет етістігінің қимыл атауы; бүкшең қақтыру, бүкірейту.*

**БҮКШЕҢДЕУ** *Бүкшеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКШИ=** ет. *Тұқшиып бүкірею, бүгілу.*

**БҮКШИТ=** ет. *Тұқшитып бүкірейту, бүгілту.*

**БҮКШИТУ** *Бүкшит етістігінің қимыл атауы; тұқшиту, бүкірейтіп бүгілту.*

**БҮКШИІҢКІРЕ=** ет. *Бүгіліп иіліңкіреу, тұқшиыңқырау.*

**БҮКШИІҢКІРЕУ** *Бүкшиіңкіре етістігінің қимыл атауы; тұқшиыңқырау, иіліңкіреу.*

**БҮКШИІС=** ет. *Бүгілісу, бүкірейісу.*

**БҮКШИІСУ** *Бүкшиіс етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКШИЮ** *Бүкши етістігінің қимыл атауы; тұқшиып бүкірею, бүгілу.*

**БҮКШІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Бүкшеңде.***

**БҮКШІҢДЕУ** сөйл. ***Бүкшеңдеу.***

**БҮКІЛ** есім. *Түгел, тұтас, барлық, күллі.*

**Бүкіл әлем.** *Жер жүзі, күллі дүние.* **Бүкіл ғұмыры.** *Барлық өмірі.* **Бүкіл ел.** *Барлық ел, күллі жұрт.* **Бүкіл халық.** *Барлық адам, күллі халық.*

**БҮКІЛӘЛЕМДІК** сын. *Бүкіл әлемге, жер жүзіне тән, соған қатысты.*

**Бүкіләлемдік тартылыс заңы.** физ. *Ньютонның тартылыс заңы, кез келген материялық бөлшектер арасындағы тартылыс күшінің шамасын анықтайтын заң.*

**БҮКІЛДЕЙ** үст. сөйл. *Түгел дерлік, біржола.*

**БҮКІЛДҮНИЕЖҮЗІЛІК** сын. *Жер жүзіне, бүкіл әлемге ортақ, соған қатысты.*

**БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ** сын. *Бүкіл Қазақстанға тән, соған қатысты.*

**БҮКІЛОДАҚТЫҚ** сын. тар. *Барша одаққа ортақ, жалпыодақтық.*

**БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ** сын. *Барша халыққа ортақ, жалпыхалықтық.*

**Бүкілхалықтық референдум.** саяси. *Қандай да бір мемлекеттік маңызды мәселеге халықтың шешімін, таңдауын білдіретін жаппай сайлау.*

**БҮКІР**[1] сын. **1.** *Қалпы түзу емес, қисық.* **2.** *Белі құныс, бүкіш.*

**БҮКІР**[2] зат. көне. *Үш тілді соқа.*

**БҮКІРЕЙ=** ет. **1.** *Белі күдірейіп, еңкіштеніп бүгілу.* **2.** ауыс. *Шөгу, отыру, тозу.*

**БҮКІРЕЙТ=** ет. *Еңкейту, бұкшиту, тұқырту, тұқшиту.*

**БҮКІРЕЙТУ** *Бүкірейт етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКІРЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Сәл бүгіліңкіреу, еңкейіңкіреу.*

**БҮКІРЕЙІҢКІРЕУ** *Бүкірейіңкіре етістігінің қимыл атауы; сәл бүгіліңкіреу.*

**БҮКІРЕҢДЕ=** ет. *Бүкірең-бүкірең ету, бүкшеңдеу.*

**БҮКІРЕҢДЕУ** *Бүкірең де етістігінің қимыл атауы; бүкшеңдеу, бүкірең-бүкірең ету.*

**БҮКІРЕЮ** *Бүкірей етістігінің қимыл атауы; бүкшеңдеу, бүкірең-бүкірең ету.*

**БҮКІРЖІК** зат. сөйл. ***Құрғұлақ.***

**БҮКІРЛЕУ** сын. *Түзу емес, еңкіштеу.*

**БҮКІРЛІК** зат. <лат. kyphosis> **1.** *Бүкір болушылық.* **2.** мед. *Бір не бірнеше омыртқаның зақымдануынан омыртқа бағанасының дөңестеніп, қисаюы.*

**БҮКІРСЫМАҚ** сын. *Бой бітімі еңкіш тартқан, бүкірлеу.*

**БҮКІС** сын. сөйл. ***Бүкіш.***

**БҮКІШ** сын. **1.** *Жауырыны шығыңқы, еңкіш, бүкірлеу.* **2.** *Қисық, қайқайған.*

**БҮКІШТЕН=** ет. *Бүкірленіп, еңкіштену.*

**БҮКІШТЕНУ** *Бүкіштен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮКІШТЕУ** сын. **1.** *Белі бүкірлеу, еңкіштеу.* **2.** *Қисықтау, шығыңқы, доғалдау.*

**БҮЛ=** ет. көне. **1.** *Ел ішіне іріткі түсу, жұрт тыныштығының бұзылуы, елдің күйреуі.* **2.** *Бүліну, қирау, быт-шыты шығу.*

**БҮЛГІН** зат. көне. ***Бүлген.*** *Бүліншілік, бүлінді.*

**БҮЛГІН-БҮЛГІН** сын. *Азып-тозған, бүлінген.*

**БҮЛГІНДІК** зат. көне. ***Бүліншілік.***

**БҮЛГІНШІЛІК** зат. сөйл. ***Бүлік.***

**БҮЛДЕ** зат. көне. *Сапалы, қымбат мата.*

**БҮЛДІР=** ет. **1.** *Бір заттың келістілігі, сәйкесімділігі, үйлесіміне, тұтастығына нұқсан келтіру, бұзу.* **2.** *Қирату, істен шығару, құрту, жою.* **3.** *Ластап былғау.* **4.** *Істің жөнін, қисынын таба алмау, бір нәрсені дұрыс жасай алмау.* **5.** ауыс. *Жөнсіз әрекет жасау, ерсілік көрсету.* **6.** ауыс. *Іріткі салу, ыдырату, құрту.* **7.** сөйл. ауыс. *Әйелдің абыройын төгу, жамантқа қалдыру, зорлық көрсету.*

**БҮЛДІРГЕ** зат. этн. **1.** *Шоқпар, босмойын, сылқетер сияқты қол қаруларының сабына тағылатын қайыс не былғары таспадан жасалған тұйық бау, ілмек.* **2.** *Қатты тартқанда тез шешіліп кететіндей, арқан-жіпті бостау етіп байлаудың бір түрі.* **3.** *Малдың жіп-шуының бірі.*

**Бүлдірге түйіс.** этн. қолөнер. *Тартқанда тез үзіліп кетуі үшін ұрыс қаруы бүлдіргесін түюдің ерекше түрі.*

**БҮЛДІРГЕЛІ** сын. *Бүлдіргесі бар, бүлдірге тағылған.*

**БҮЛДІРГЕН** зат. өс. **1.** *Желісі жер бауырлай түп-түп болып өсетін ұсақ жидекті өсімдік, қойбүлдірген.* **2.** <лат. fragaria> 1. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, жидекті дақыл.* **3.** *Осы өсімдік*

*сабағындағы қара қошқыл, көкшіл түсті бүжыр-бүжыр келген жидегі, жемісі.*

**Бүлдірген бет.** б е й н. *Қызыл шырайлы, жас әйелдің өңі.* **Бүлдірген терді.** *Жер бауырлай өсетін өсімдік сабағындағы тәтті, жеуге жарамды жемісін, жидегін жинады.*

**БҮЛДІРГЕНДЕЙ** с ы н. *Бүлдірген сияқты, бүлдірген тәрізді.*

**БҮЛДІРГЕНДІ** с ы н. *Бүлдіргені қалың, бүлдірген өскен.*

**БҮЛДІРГЕСІЗ** с ы н. *Қолға іліп алатын бауы жоқ.*

**БҮЛДІРГІ**[1] с ы н. *Елге бүлік салатын, шағыстыратын, бүлікшіл, лаңшыл.*

**БҮЛДІРГІ**[2] з а т. с ө й л. ***Бүлдірге.***

**БҮЛДІРГІ**[3] з а т. ж е р г. к ә с. *Егінмен аралас шығатын өсімдік, қарашық.*

**БҮЛДІРГІШ** с ы н. **1.** *Бір нәрсенің түрін, түсін бұзып, өзгертіп жіберетін, бүлдіретін. // Бүлдіретін, зақым келтіретін жәндік, паразит.* **2.** *Бүлік тудырғыш, бүлікшіл, лаңшыл. // Бүлік тудыратын, бүлікшіл адам, лаңкес.*

**БҮЛДІРГІШТІК** з а т. *Бүлдіргіш болушылық, іске кесірін тигізушілік.*

**БҮЛДІРГІШТІК-ЛАҢКЕСТІК** с ы н. с а я с и. *Белгілі бір бейресми, беймемлекеттік әлеуметтік топ немесе ұйымдардың қаскүнемдік, арандатушылық әркетіне тең.*

**БҮЛДІРТ=** е т. *Лаң салдыру, қирату, істен шығарту.*

**БҮЛДІРТУ** *Бүлдірт етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛДІРУ** *Бүлдір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нұқсан келтіру, өзгерту, бұзу.* **2.** *Құрту, жою, қирату.* **3.** а у ы с. *Тамырына балта шабу, түбірімен жою, құрту.*

**БҮЛДІРУШІ** з а т. *Істің ретін бұзушы, зиянкестік етуші.*

**БҮЛДІРУШІЛІК** з а т. *Бүлдіруші болушылық, кесір келтірушілік, зиянкестік.*

**БҮЛДІРШІН**[1] з а т. **1.** *Сәби шақтан өтіп, жасөспірім шаққа жетпеген кішкентай бала.* **2.** к і т. *Балабақшаның тәрбиеленушісі, балабақша жасындағы бала.*

**БҮЛДІРШІН**[2] [ир. بلدرچين] з а т. к ө н е. *Бөдене.*

**БҮЛДІРШІН**[3] з а т. т ү й е ш а р. *Үш жасқа шығар қайымаған ұрғашы түйе.*

**БҮЛДІРШІНДЕЙ**[1] с ы н. *Сәби шақтан өткен, жасөспірім жасқа жетпеген баладай.*

**Бүлдіршіндей жас қыз.** *Балиғат жасқа әлі жете қоймаған, уыздай жас қыз.*

**БҮЛДІРШІНДЕЙ**[2] с ы н. *Бүлдіршін сияқты, бүлдіршін тәрізді (көлемі шағын, ықшам, кішкентай).*

**Бүлдіршіндей жас.** *Уылжыған жап-жас.*

**БҮЛДІРШІНІМ** з а т. *Кішкентай сәбиге қарата еркелету мәнінде айтылатын атауыш.*

**БҮЛК** е л і к. *Сәл ғана қыбыр етіп қозғалуды, судың қайнауын және т. б. осы сияқты қысқа әрі көмескі қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Бүлк еткізді.** *Қайнатып алды.* **Бүлк етпеді.** *Тырп етпеді, ешбір сезім білдірмеді, қарсылық білдірмеді.* **Бүлк етті.** а) *Бірден өліп кетті; қақ айырылды деген мағынада.* ә) *Ренішін жеткізді, өкпесін білдірді.*

**БҮЛК-БҮЛК** е л і к. *Сұйық заттың немесе жұмсақ дененің сәл бүлкілдеп, қайта-қайта қозғалуын бейнелейтін сөз*

**Бүлк-бүлк еткізді.** *Жұмсақ денені сәл ғана қайталай қозғалтты.* **Бүлк-бүлк етті.** *Жұмсақ дене сәл ғана қайталай қозғалды, бүлкілдеді.* **Бүлк-бүлк желгізді.** *Жылқыны жайлы, майда жүріспен тепектетті.* **Бүлк-бүлк желді.** *Бірқалыпты, ақырын жүрді.* **Бүлк-бүлк қайнады.** *Жайымен шымырлады, бабымен, бүлкілдеп қайнады.*

**БҮЛКЕК** з а т. *Желістен гөрі жай, аяңнан шапшаң бүлкіл жүріс.*

**Бүлкек [бүлкіл] желіс.** *Жанға жайлы, баяу желіс.* **Бүлкекке салды.** *Бүлкіл жүріспен жүрді.* **Бүлкек қақты**. а) *Жайлы, майда қозғалыспен жүріп отырды (жылқы туралы).* ә) *Бірқалыпты баяу жүгіріп отырды (адам туралы).*

**БҮЛКЕК-БҮЛКЕК** е л і к. *Бірнеше қайталанған бүлкектеп, бүлкек қаққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**БҮЛКЕКТЕ=** е т. **1.** *Жылқының аяңын тездетіп, бүлкекке салу, жай жортаққа басу.* **2.** *Аяғын жылдам басып жүру (адамға қатысты).* **3.** а у ы с. *Құрдай жорғалау, сый-құрмет көрсету.*

**БҮЛКЕКТЕТ=** е т. *Аттың жүрісін тездету, бүлкекке салдыру.*

**БҮЛКЕКТЕТУ** *Бүлкектет етістігінің қимыл атауы; бүлкекке салдыру, тездету.*

**БҮЛКЕКТЕУ** *Бүлкекте етістігінің қимыл атауы; бүлкекке салу, жай жорту.*

**БҮЛКЕҢ-БҮЛКЕҢ** е л і к. *Бүлкеңдеген жай қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**БҮЛКЕҢДЕ=** е т. *Бүлк-бүлк етіп жай қозғалу.*

**БҮЛКЕҢДЕС=** е т. *Бүлк-бүлк етіп жай қозғалысу.*

**БҮЛКЕҢДЕУ** *Бүлкеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛКУ** *Бүлкі етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛКІ=** е т. *Бүлк-бүлк етіп жыбырлау, бүлкілдеу.*

**БҮЛКІЛ** з а т. **1.** *Аттың аяңнан гөрі тездеу, ақырын желісі.* **2.** *Жүректің дүрсілі, соғысы.* **3.** а у ы с. *Бірсарынды күйкі тірлік ағысы.*

**Бүлкіл бөксе.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Бөксесін екі жаққа бұлтыңдатып жүру арқылы көзге түсуге тырысатын әйел мағынасында.* **Бүлкіл желіс.** *Аттың аяңнан гөрі тездеу, жайлы жүрісі.* **Бүлкіл қақты.** а) *Ат бүлкек желіске түсті.* ә) *Ылдым-жылдым тез басты.* б) *Бүлк-бүлк етіп ақты.* в) б е й н. *Ырғақты қозғалысқа түсті, алға жылжыды.*

**БҮЛКІЛ-БҮЛКІЛ** ү с т. *Бүлк-бүлк етіп, бүлкілдеп.*

**БҮЛКІЛДЕ=** е т. **1.** *Судың бүлк-бүлк етіп дыбыс шығаруы, қайнауы.* **2.** *Жұмсақ нәрсенің әлсін-әлсін қозғалуы.* **3.** *Жылқының бүлк-бүлк етіп жайымен қозғалуы.* **4.** *Іштен тыну, үндемеу.* **5.** а у ы с. *Жаңғыру, дүрлігу.*

**БҮЛКІЛДЕЙ** с ы н. *Бүлкіл сияқты, бүлкіл тәрізді.*

**БҮЛКІЛДЕК** с ы н. *Бүлкілдеп тұратын.*

**БҮЛКІЛДЕС=** е т. *Бүлк-бүлк етіп қозғалысу.*

**БҮЛКІЛДЕСУ** *Бүлкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛКІЛДЕТ=** е т. *Бүлк-бүлк етіп қозғалысу; бүлк-бүлк еткізу.*

**БҮЛКІЛДЕТУ** *Бүлкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛКІЛДЕУ** *Бүлкілде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛІК** з а т. <нем. Putsch> **1.** *Шырық бұзатын дау-жанжал, қақтығыс, сойқан, лаң; бүліншілік.* **2.** *Өкімет билігіне қарсы астыртын ұйымдастырылған қарулы дүмпу, арандатушылық пиғыл.* **3.** а у ы с. *Бұзық, пәлеқор.*

**Бүлік бастады.** *Өзінен-өзі шу, төбелес шығарды.* **Бүлік салды.** *Шырық бұзып, жанжал туғызды.* **Бүлік шығарды**. *Ұрыс-керіс тудырды, шырық бұзды, жанжалдасты.* **Бүлік шықты.** *Жанжал туды, ұрыс-керіске айналды.*

**БҮЛІКБАСЫ** з а т. *Бүлікті бастаушы адам.*

**БҮЛІКСІЗ** с ы н. *Ырың-жырыңы жоқ, даужанжалсыз, шатақсыз.*

**БҮЛІКШІ** з а т. **1.** *Дау-жанжал туғызушы, ойран салушы, бүлік шығарушы.* **2.** *Өкіметке қарсы астыртын ұйымдастырылған құралды дүмпуге қатысушы.*

**БҮЛІКШІЛ** с ы н. **1.** *Ұрыс-керісшіл, жанжалқұмар.* **2.** *Бүлікке араласқыш.*

**БҮЛІКШІЛІК** з а т. *Тыныштықты кетіретін дау-жанжал, лаң, бүлік, бүліншілік.*

**БҮЛІН=** е т. **1.** *Бұзылу, құлау, қирау, астан-кестеңі шығу.* **2.** *Жарамсыз болу, бұзылу.* **3.** *Ластану, былғану.* **4.** *Зақым келу, жарақаттану.* **5.** *Әлекке түсіп әбігерлену, бырқан-тарқан болу, ашуға басу.* **6.** а у ы с. *Қарым- қатынастың бұзылуы, араздық туу.* **7.** а у ы с. *Тәртібі нашарлау, азғындау, бұзылу.* **8.** а у ы с. *Суыну, сызат түсу, өшу.*

**Бүлінген елден [бүлінгеннен] бүлдірге алма.** *Жанжалды жерге баспа, еш нәрсе алма; сойқаннан қашық жүр.* **Бүлінген елден бүлдіргі алма.** с ө й л. *Бүлінген елден бүлдірге алма.*

**БҮЛІНДІР=** е т. *Лаң салғызу, азғырту, іріткі салғызу.*

**БҮЛІНДІРУ** *Бүліндір етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛІНУ** *Бүлін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарамсыз болу, бұзылу.* **2.** *Былғану, ластану.* **3.** а у ы с. *Әбігерлену, бұлқан-талқан болу, ашулану.*

**БҮЛІНУШІЛІК** з а т. *Әбден тозығы жетіп, бұзылушылық.*

**БҮЛІНШІК** з а т. с ө й л. ***Бүліншілік.***

**БҮЛІНШІЛІК** з а т. **1.** *Ел тыныштығын кетірген дау-жанжал, лаң; бүлік, көтеріліс.* **2.** *Өкімет билігіне қарсы астыртын ұйымдасқан қарулы дүмпу. // Қирау, бұзылу, қиыншылық.*

**Бүліншілікке ұшырады.** *Қиыншылыққа душар болды.*

**БҮЛІНІҢКІРЕ=** е т. *Әуелгі қалыптан гөрі бұзылыңқырау.*

**БҮЛІНІҢКІРЕУ** *Бүлініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БҮЛІНІП-ЖАРЫЛ=** е т. *Әбігерлену.*

**БҮЛІНІС** з а т. *Бұзылып қираған, тозған нәрсе, ақау.*

**БҮЛІС** з а т. **1.** ***Пүліш*** (*жүннен не жібектен тоқылған, жұмсақ түкті, қалыңдау мата*). **2.** а у ы с. *Көк майса, шалғын.*

**БҮЛІСТЕЙ** с ы н. *Бүліс сияқты, бүліс тәрізді.*

**БҮЛІШ** з а т. **1.** с ө й л. ***Пүліш.*** **2.** а у ы с. *Көк майса, шалғын.*

**БҮП-БҮТІН** с ы н. *Ешбір жері бұзылмаған, жамау-жасқау түспеген, сынық-сызаты жоқ.*

**БҮР**[1] з а т. <грек.strobilus> *Өсімдіктер мен ағаш бұтақтарының жапырақ, бүршік жаратын түйіні; ашық (жалаңаш) тұқымды өсімдіктердің көбею мүшесі.*

**Бүр жарғызды.** *Бүрлетті, гүл жарғызды.* **Бүр жарды.** *Бүршік жаратын түйіні ашылды, гүлдеді.*

**БҮР**[2] з а т. а н а т. **1.** *Асқазан, ішек-қарын ішінің кілегейлі қабығының бүртік беті, ұсақ қатпарлары.* **2.** с ө й л. *Аяқ киім табанындағы бедер.* **3.** *Тікенек, бүршік.*

**БҮР=** е т. **1.** *Шеңгелдеп бас салып, тырп еткізбеу.* **2.** *Киімнің, дорба, қап, тағы басқа нәрсенің бір жерін жиыру, бүрмелеу.* **3.** *Бір нәрсенің әсерінен жиырылу, бүрісу.* **4.** *Түйнеу.* **5.** а у ы с. *Апшысын қуыру, тықсыру.*

**БҮРГЕ** [ар. برغوث] з а т. з о о л. <лат. aphaniptera> *Буынаяқтылар типіне жататын, қанмен қоректенетін секіргіш паразит жәндік.*

**Бүрге шаққандай көрмеді.** *Елемеді, селт етпеді.*

**БҮРГЕБАЛЫҚ** з а т. ж е р г. к ә с. *Кішкене, қылтанақты, еті жеуге қолайсыз балық.*

**БҮРГЕДӘН** зат. өс. <лат.plantago polysperma> ***Көптұқымды бақажапырақ*** *(Бақажапырақтар тұқымдасы, бақажапырақ туысына жататын көптұқымды жолжелкен).*

**БҮРГЕДЕЙ** сын. **1.** *Бүрге сияқты, бүрге тәрізді.* **2.** ауыс. *Титтей, болмашы (нәрсе).*

**БҮРГЕЗ** зат. жерг. *Тауда болатын өсімдік түрі.*

**БҮРГЕЛЕ=** ет. *Бүрге қаптап кету, бүрге басу.*

**БҮРГЕЛЕУ** *Бүргеле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРГЕЛТАЙ**[1] зат. *Аса үлкен емес, кішігірім сазанның түрі.*

**БҮРГЕЛТАЙ**[2] зат. жерг. кәс. *Бүрге; қорада болатын бүрге.*

**БҮРГЕЛІ** сын. *Бүргесі бар, бүргесі көп.*

**БҮРГЕН**[1] зат. **1.** *Аязға, ыстыққа төзімді кішкене қызыл түсті, жемісі ащы, ақ шешекті бұта.* **2.** бот. *Ұшқат тұқымдас шағын ағаштар немесе бұталар туысы.*

**БҮРГЕН**[2] [ор. фургон] зат. сөйл. *Төрт дөңгелекті арба.*

**БҮРГЕНДІ** сын. *Бүрген қалың өскен, бүргені көп.*

**БҮРГЕШЕ** үст. *Бүргеге ұқсап, бүрге сияқтанып.*

**БҮРГЕШӨП** зат. өс. <лат. pulicaria gaertn> *Күрделігүлділер тұқымдасы бүргешөп туысына жататын өсімдік.*

**БҮРГЕШІК** зат. *Өсімдікті зақымдайтын кішкентай бүрге, бүргенің бір түрі.*

**БҮРГІ** зат. *Бүрге сияқты, жабысқақ жәндік.* **Бүргі көз.** *Жайсыз, жағымсыз көзқарас.*

**БҮРГІН** зат. сөйл. ***Бүрген.***

**БҮРГІНДІ** сын. сөйл. ***Бүргенді.***

**БҮРГІНДЕ=** ет. *Жаңадан көгеріп бүртіктену, бүршік жара бастау.*

**БҮРГІНДЕУ** *Бүргінде етістігінің қимыл атауы; бүршік жара бастау.*

**БҮРГІШ** сын. *Тез бүріп, іліп алатын (алғыр құс, аң, т.б.).*

**БҮРГІШТЕ=** ет. **1.** *Әр жерін жиырғыштап, бүріп-бүріп қою.* **2.** ауыс. *Қатты тықсыру, әлегін шығару.*

**БҮРГІШТЕУ** *Бүргіште етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРЖЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Бүрсекте.***

**БҮРЖЕҢ** елік. *Бүржеңдеген, бүржек-бүржек еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бүржең тартты.** *Күші қайтты, бүржеңдеді, босаңсыды.*

**БҮРЖИ=** ет. *Еңкіштеніп, бүкіреюу, бүрісу.*

**БҮРЖІҢ** елік. *Бүрсектеген, дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бүржің қақты.** *Бүрсектеп діріл қақты.*

**БҮРЖИЮ** *Бүржи етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕ=** ет. **1.** *Тұмшалап орау, қымтап жабу.* **2.** *Қаптау, түнеру, басу.* **3.** *Шөп, бұта , өсімдік көп өсу, қаптау.* **4.** *Заттың үстіңгі жағын шаң-топырақ, басқа да нәрселер басып, көміп қалу.* **5.** ауыс. *Көлегейлеп жасыру, бүкпелеу.*

**БҮРКЕГІШ** зат. *Тұмшалауға, жабуға арналған зат.*

**БҮРКЕГІШТІК** сын. *Бүркегіш болушылық, қорғағыштық.*

**БҮРКЕЙ** зат. *Әйелдердің басқа салатын жамылғысы, орамалдың түрі.*

**БҮРКЕЙЛЕ=** ет. *Ешкімге білдірмей, бүркемелеу, жасыру.*

**БҮРКЕЙЛЕУ** сын. *Бүркейле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕК** сын. *Майдалап себезгілеген, бүркіп жауған.*

**БҮРКЕЛ=** ет. **1.** *Басылу, көмкерілу, орану.* **2.** *Жабылу, қымталу.* **3.** ауыс. *Жасырын қалу, бүкпелену.*

**БҮРКЕЛЕ=** ет. *Ашығын айтпау, тұспалдап қана баяндау.*

**БҮРКЕЛЕУ** *Бүркеле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕЛУ** *Бүркел етістігінің қимыл атауы; жабылу, қымталу, жасырылу.*

**БҮРКЕМБЕ** зат. *Жел, жаңбыр, күн т.б. қорғану үшін көлікке арнайы орнатылған қондырғы.*

**БҮРКЕМБЕЛІ** сын. *Жел, жаңбыр, күн т.б қорғану үшін қорабында орнатылған бүркемесі бар.*

**БҮРКЕМЕ**[1] зат. **1.** *Бүркегіш, жапқыш, жасырғыш зат.* **2.** әск. <франц. masguer> *Адам құрамын, соғыс объектілерін жасыру мақсатымен әскерлердің орналасқан жері, саны, күш-құрамы, қимылы мен мақсаты туралы қарсыласты есебінен жаңылыстыру үшін қолданылатын соғыс қимылдарының бір түрі.* **3.** әск. *Қарсыластың барлауынан әскерлер мен объектілерді жасыруға немесе олардың сыртқы түрін өзгертуге арналған инженерлік конструкциялар мен жергілікті заттар.* **4.** инф. <ағыл. cache> *Жиі қолданылатын мәліметтер немесе командалар әр уақытта пайдалануға дайын түрде сақталатын жад аймағы.* **5.** инф. *Жадтың арнайы бағыныңқы жүйесі.* **6.** инф. *Жуық арада жұмыс істеуге қажет болатын аппараттарды уақытша сақтауға арналған дискі немесе жедел жадтағы арнайы аймақ.* **7.** инф. *Контроллермен басқарылатын жадтың аймағы.* **8.** ауыс. *Құпия, сыр.* **9.** ауыс. *Сылтау, себеп, желеу.*

**БҮРКЕМЕ**[2] сын. **1.** *Бір нәрсемен бүркеліп, жабылған.* **2.** ауыс. *Құпия, жасырын.*

**Бүркеме [бүркемелі] дақыл.** егін. *Ауыспалы егіс жүйесінде негізгі дақылмен бір танапта қосымша егілетін, өсімдік көгін бүркеп қорғаушы дақыл.*

**БҮРКЕМЕ-ЖАД** зат. инф. <ағыл. cache memory> *Жедел жад пен орталық процессор регистрлерінің арасындағы буферлік міндетін атқаратын аса жедел (аралық) жад.*

**БҮРКЕМЕ-КОНТРОЛЛЕР** зат. инф. <ағыл. cache controller> *Бүркеме-жадты басқаруға арналған арнайы процессор.*

**БҮРКЕМЕЛЕ=** ет. **1.** *Көзге көрсетпеу үшін көлегейлеп тасалау.* **2.** ауыс. *Ойын бүкпелеп, білдірмеу, жасыру.*

**БҮРКЕМЕЛЕН=** ет. **1.** *Қымталу, жасырып жабылу, қалқалану.* **2.** *Көрінбей қалу, көмескілену, көлегейлену.* **3.** ауыс. *Жасырын болу, бүкпелену,құпиялану.*

**БҮРКЕМЕЛЕНУ** *Бүркемелен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕМЕЛЕУ** *Бүркемеле етістігінің қимыл атауы; жасыру, білдірмеу.*

**БҮРКЕМЕЛЕУШІ** зат. *Назардан тасалаушы, ізін жасырушы, білдірмей астарлаушы.*

**БҮРКЕМЕЛІ** сын. **1.** *Көзден қағаберіс, тасалау, жасырын.* **2.** *Астарлы (сөз).*

**Бүркемелі интервенция.** саяси. *Бүркемелі басқыншылық (елдің үкіметке қарсы топтарын қаржыландырудан, қарулы қарақшылардың немесе жалдамалыларды жіберуден, үкіметке қарсы бүлік және азаматтық соғыс ұйымдастырудан, мемлекеттің экономикасын күйретуге бағытталған әртүрлі шаралар қабылдаудан көрініс табатын бір мемлекеттің басқа бір мемлекеттің егемендігіне, тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына нұқсан келтіруші әрекеті).*

**БҮРКЕМЕЛІК** зат. *Бүркеме ретінде қолданылатын нәрсе, сөз.*

**Бүркемелік бөлімдер.** әск. *Арнайы дайындық пен техникалық құралдарды талап ететін күрделі бүркемелік жұмыстарды атқаратын инженерлік әскерлердің арнаулы бөлімдері.* **Бүркемелік киім-кешек.** әск. *Соғыс қимылы кезінде қарсылас көзіне шалынбау мақсатында киетін әскери киімдер.*

**БҮРКЕМСІЗ** сын. *Бүркемесі жоқ, бүкпесі жоқ, ашық.*

**БҮРКЕН=** ет. *Орану, қымталу, тұмшалану*

**БҮРКЕНДІР=** ет. *Тұмшалау, орап жабу.*

**БҮРКЕНДІРУ** *Бүркендір етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕНУ** *Бүркен етістігінің қимыл атауы; жамылу, орану.*

**БҮРКЕНУЛІ** сын. *Көрінбестей болып бүркенген, тұмшаланған.*

**БҮРКЕНШЕК** зат. сөйл. ***Бүркеншік.***

**БҮРКЕНШІК** зат. **1.** *Әйелдердің басқа салатын жамылғысы.* **2.** *Көлегейлеп, көрінбестей жауып тұратын бетперде.* **3.** ауыс. *Тау басындағы мұз, қар.*

**Бүркеншік ат.** <грек. pseudos – жалған, onyma – есім> *Кісінің жасырын, лақап аты; псевдоним.*

**БҮРКЕНШІКТЕ=** ет. **1.** *Тұмшалап, орағыштап жабу.* **2.** ауыс. *Жасыру, бүгу, білдірмеу.*

**БҮРКЕНШІКТЕУ** *Бүркеншікте етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕНШІКТІ** сын. *Бүркеніші бар.*

**БҮРКЕНІШ** зат. *Бір нәрсені көзден тасалап тұратын немесе жауын-шашыннан қорғану үшін ұсталатын жамылғы. // Бүркелген, жамылған.*

**Бүркеніш бөлімдері**. әск. *Арнайы білім мен техникалық құралдарды қолдануды қажет ететін, күрделі бүркемелеу жұмыстарын орындайтын инженерлік әскер бөлімдері мен бөлімшелері.* **Бүркеніш етті.** *Желеу етті, сылтауратты.* **Бүркеніш жабдықтары.** әск. *Әскери объектілерді бүркемелеуге пайдаланатын мүліктер, техникалар, оқ-дәрілер, табельдік және әскерлер дайындаған өнімдер.* **Бүркеніш кедергілер.** әск. *Қарсыластың радиолокациялық құралдарынан өз әскерін, объектілерін бүркемелеу немесе олардың шын өлшемі мен орналасу орнын білдірмеу үшін әдейі жасалатын актив және пассив радиокедергілері.* **Бүркеніш рең.** зоол. *Жануарлардың барлық тобында болатын бейімділіктің бір түрі.* **Бүркеніш ішперде.** анат. <лат. peritonaeum viscerale> *Құрсақ қуысындағы ішкі мүшелерді сыртынан қаптайтын сірілі қабық.*

**БҮРКЕНІШТІ** сын. **1.** *Бүркеніші бар.* **2.** ауыс. *Ашық түрде емес, жасырын, құпия.*

**БҮРКЕҢКІРЕ=** ет. **1.** *Тұмшалап, жабыңқырау.* **2.** *Білдіртпеу, байқатпау, сездіртпеу.*

**БҮРКЕҢКІРЕУ** *Бүркеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕСІНДЕ=** ет. *Жауын аралас жел соғу.*

**БҮРКЕТ=** ет. *Жаптыру, тұмшалап көзге көрсетпеу.*

**БҮРКЕТУ** *Бүркет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКЕУ**[1] сын. *Күн ашық емес, бұлыңғыр.*

**БҮРКЕУ**[2] *Бүрке етістігінің қимыл атауы; көлегейлеу, бүкпелеу, жасыру.*

**БҮРКЕУЛЕН=** ет. *Бұлт басып, бұлыңғырлану.*

**БҮРКЕУЛЕНУ** *Бүркеулен етістігінің қимыл атауы. Бұлт басу, бұлыңғырлану.*

**БҮРКЕУЛІ** сын. **1.** *Көлегейлеп ораулы, жабулы.* **2.** ауыс. *Жасырын, құпия.*

**БҮРКЕУСІЗ** сын. *Бүркеуі жоқ, орап жабылмаған, ашық қалған.*

**БҮРКЕУІРЕК** сын. *Анықтала қоймаған, ашылмаған.*

**БҮРКУІ** *Бүрік етістігінің қимыл атауы; газ не сұйық ерітінділерді арнаулы құрылғы арқылы шашырату .*

**БҮРКУІШ** зат. ***Бүріккіш*** *(газ не сұйық ерітінділерді тозаңдатып шашатын арнаулы құрал).*

**Бүркуіш бассейн**. *Суды атмосфералық ауада бүркіп салқындататын құрылғы.*

**БҮРКІ=** ет. сөйл. **1.** *Шашу, себу.* **2.** *Себезгілеу, сіркіреу.*

**БҮРКІЛ=** ет. **1.** *Себелеу, біраз сулану.* **2.** ауыс. *Толассыз, тоқтаусыз атылу, оқ жауу.*

**БҮРКІЛУ** *Бүркіл етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКІН=** ет. *Себіну, шашу.*

**БҮРКІНУ** ет. *Бүркін етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРКІП-БҮРКІП=** ет. *Қайта-қайта бүріккіштеу, су себу.*

**БҮРКІТ** зат. **1.** *Таулы, далалы жерде мекендейтін тегеурінді, имек тұмсық, жыртқыш құс.* **2.** зоол. <лат. aquila chrysaetos> *Сұңқар тәрізділер отряды, қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын тегеурінді қатты, ірі жыртқыш құс.*

**Бүркіт бесігі.** саят. *Қолға үйретілген қыран құстарға арнап жасалған, шыбықтан тоқылған құндақ.* **Бүркіт көзді [көз]**. *Өткір, қырағы көзді.* **Бүркіт қабақ**. *Түксиген қалың қабақ.* **Бүркіт салды.** саят. *Бүркітпен аң аулады.*

**БҮРКІТТЕЙ** сын. *Бүркіт сияқты, бүркіт тәрізді.*

**Бүркіттей бүрді.** а) *Қаһарланды, шүйлікті.* ә) *Жағадан алып, тырп еткізбеді, күш көрсетті.*

**БҮРКІТТІК** зат. *Бүркітке тән қасиет.*

**БҮРКІТШЕ** үст. *Бүркітке ұқсап, бүркіт сияқтанып.*

**БҮРКІТШІ** зат. *Бүркіт салып, аң аулайтын аңшы; құсбегі.*

**БҮРКІТШІЛІК** зат. саят. *Бүркітті баулып, онымен аң аулау кәсібі, саятшылықтың бір түрі.*

**БҮРЛЕ**[1]**=** ет. *Бұтақ түйіршіктері бөртіп, жапырақ жаруға таяу.*

**БҮРЛЕ**[2]**=**ет. жерг. кәс. *Бүрмелеу; өрнектеу, өрнек салып тігу.*

**БҮРЛЕН=** ет. **1.** *Түйіршіктері жаруға таяну.* **2.** ауыс. *Құлпыру, құбылу.*

**БҮРЛЕН** зат. жерг. *Жапырағы қызғылт, әдемі гүлді шөп.*

**БҮРЛЕНДІР=** ет. ***Бүршік жарғызу.***

**БҮРЛЕНДІРУ=** *Бүрлендір етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРЛЕНУ** *Бүрлен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРЛЕУ** *Бүрле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРЛІ** сын. **1.** *Үстіңгі беті бұдыр-бұдыр, тегіс емес.* **2.** *Бүрі көп, бүртікті.*

**БҮРЛІК=** ет. *Абыр-сабыр боп, әуре-сарсаңға түсіп дүрлігу.*

**БҮРЛІКТІР=** ет. *Дүрліктіру, әуре-сарсаңға түсіру.*

**БҮРМЕ**[1] зат. *Көйлектің етегінде, жеңінде, жағада т.б. бүріліп тігілген әшекейлі қосалқы бөлігі. // Тігісі жиырылған, бүгілген.*

**Бүрме балақ.** *Балағының тігісі жиырылған, бүрілген (шалбар).* **Бүрме тігіс.** кәс. *Желбіршек, қос етек, бүрмелі жаға тәрізді киім бөліктерінің шетін жиырып тіккенде қолданылатын тігіс түрі.*

**БҮРМЕ** [2]зат. жерг. *Тікеннің бір түрі; қойдың үстіне жабысатын тікен.*

**БҮРМЕ**[3] зат. жерг. этн. *Жылқының қарнына салып қатырылған ет.*

**БҮРМЕ**[4] зат. этн. *Малдың қарнына бауыр, жүрек, сарымсақ және т.б. салып қайнатып пісірген тағам.*

**БҮРМЕЛЕ=** ет. *Бүріп, жиырып тігу, бүрме салу.*

**БҮРМЕЛЕН=** ет. **1.** *Бүрілу, жиырылу.* **2.** *Бүрме-бүрме болып түйілу.* **3.** ауыс. *Бүрісіп-тырысу.*

**БҮРМЕЛЕНУ** *Бүрмелен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРМЕЛЕУ** *Бүрмеле етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРМЕЛІ** сын. *Жиырып тігілген.*

**Бүрмелі етек.** *Етек жағының тігісі жиырылған.* **Бүрмелі мигматит.** геол. *Лейкократты желшелер мен субстрат материалы бір-біріне үйлесімді қабатталып келетін мигматиттің түрі.*

**БҮРМЕНАН** зат. тамақ. *Балық, ет, қырыққабат немесе саңырауқұлақ салып пісірілген, сопақша батон бітімді қаусырма.*

**БҮРСЕК** елік. *Тоңып, бүрсеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бүрсек қақты.** *Тоңып, бүрсектеді.*

**БҮРСЕКТЕ=** ет. *Тоңу, бүрсең қағу.*

**БҮРСЕКТЕУ** *Бүрсекте етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРСЕҢ** елік. *Қалтырап, дірілдеген, бүрсең-бүрсең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Бүрсең қақты.** *Дірілдеп қалтырады, бүрсең-бүрсең етті.*

**БҮРСЕҢ-БҮРСЕҢ** елік. *Бүрсең қаққан, бүрсеңдеген, қалтырап-дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**БҮРСЕҢДЕ=** ет. *Бүрсиіп дірілдеп, қалтырау.*

**БҮРСЕҢДЕТ=** *Дірдектету, бүрсектету, тоңдыру.*

**БҮРСЕҢДЕТУ** *Бүрсеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРСЕҢДЕУ** *Бүрсеңде етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРСИ=** ет. *Бойын жаза алмай бүрісу, бүкірею.*

**БҮРСИТ=** ет. **1.** *Бүрістіру, бүкірейту.* **2.** *Тоңазыту, мұздату.*

**БҮРСИТУ** *Бүрсит етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРСИІП-БҮРСИІП** үст. *Бүрісіп-тырысып, бүрсең қағып.*

**БҮРСИЮ** *Бүрси етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРСІГҮН** үст. *Ертеңнен арғы күн.*

**БҮРСІЗ** сын. *Бүрі, бұдыры жоқ.*

**БҮРТИ=** ет. **1.** *Бөрткен тәрізді бүріліп ісіну.* **2.** *Томпию, быртию.*

**БҮРТИЮ** *Бүрти етістігінің қимыл атауы; томпию, ісіну.*

**БҮРТІК** зат. **1.** *Өсімдік денесінде болатын ұсақ түйіншек.* **2.** ауыс. *Денеге түсетін ұсақ-ұсақ бөрткен.*

**БҮРТІК-БҮРТІК** сын. *Түйіршік-түйіршік.*

**БҮРТІКТЕ=** ет. **1.** *Түйір шығу, түйін салу.* **2.** ауыс. *Бет-ауызды, денені ұсақ түйіршік басу.*

**БҮРТІКТЕН=** ет. **1.** *Өсімдік сабағында түйіршіктердің бөртуі, түйір салыну.* **2.** ауыс. *Түйіршік басу, бөрту.*

**БҮРТІКТЕНУ** *Бүртіктен етістігінің қимыл атауы; түйіршіктері бөрте бастау, түйірлену.*

**БҮРУ** *Бүр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қолдың, саусақтардың бар күшімен бүрістіре ұстау.* **2.** *Бүркіттің не басқа да құстардың шеңгелдеп, қысып ұстауы.* **3.** қолөнер. *Бүгіп, жиырып тігу.* **4.** ауыс. *Маза бермеу, тықсыру.*

**БҮРУЛІ** сын. **1.** *Бүрілген, бүріп қойған.* **2.** *Бүріп тігілген.*

**БҮРШЕК** зат. жерг. *Аттың оралып-оралып түйін болып қалған жалы.*

**БҮРШІК** зат. бот. <лат. gemma> *Өсімдік сабақтарының жапырақ салар, өркен алар жерінде ашылатын түйіршік, бастама.*

**Бүршік атты [жайды, жарды].** а) *Бүршіктенді, гүл жарды.* ә) *Көбейді, өсіп-өркендеді.* б) *Ашылды, пайда болды.* в) *Құлпырды, жайнады.*

**Бүршік атты**. *Бүршік жарды, бүршік шығарды.*

**БҮРШІК-БҮРШІК** сын. **1.** *Түйіршік-түйіршік.* **2.** *Бүртік-бүртік.*

**БҮРШІКТЕ=** ет. *Өсімдік түйіндерінің жетіліп, бүршік жаруы, бүршік салуы.*

**БҮРШІКТЕЛ=** ет. *Бүршіктену, бүршік жару.*

**БҮРШІКТЕН=** ет. **1.** *Бүршік ату, бүршік жару.* **2.** *Кедір-бұдыр болу, түйіршіктелу.*

**БҮРШІКТЕНУ** *Бүршіктен етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРШІКТЕУ** *Бүршікте етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРШІКТІ** сын. *Бүршігі, бүрі бар, бүршігі көп.*

**Бүршікті дәнел.** өс. <лат. aldrovanda vesiculosa> *Шықшөп тұқымдасының дәнел туысына жататын көпжылдық өсімдік.* **Бүршікті феллориния.** өс. <лат. phellorinia strobilina> *Қалпақшалы саңырауқұлақ.*

**БҮРШІН** сын. жерг. *Жасөспірім, бүлдіршін.*

**БҮРІК** сын. **1.** *Ұш жағы қусырылыңқырап жиырылған, түйілген, бүрілген.* **2.** ауыс. *Естімейтін, мән бермейтін.*

**БҮРІК=** ет. **1.** *Сұйық зат шашырату, себу.* **2.** *Аздап себелеп жауу.* **3.** ауыс. *Оқты жиілетіп, боратып жіберу, жаудыру.*

**БҮРІККІШ** зат. тех. *Газ я сұйық ерітінділерді тозаңдатып шашатын арнаулы құрал.*

**БҮРІКПЕ** сын. *Қатты жауып кетпей сіркіреп, себелеген. // Себелеген жаңбыр.*

**БҮРІКПЕБАЛЫҚ.** зоол. <лат. tocolt-syacilator> *Шашыратқы балық.*

**БҮРІКПЕСУ** зат. ***Душ.***

**БҮРІКТІР**[1]**=** ет. *Сепкізу, себелету.*

**БҮРІКТІР**[2]**=** ет. *Шат-шәлекейін шығару, тықсыру.*

**БҮРІЛ=** ет. **1.** *Жиырылу, бүрісу.* **2.** *Ойысу, қусырылу.* **3.** *Бір жерге шоғырлану, жинақталу, бүрістірілу.* **4.** *Оймақтана дөңгелену.* **5.** *Томпаю, торсию.*

**БҮРІЛУ** *Бүріл етістігінің қимыл атауы.*

**БҮРІП-ШАНЫШ=** ет. *Қатты түйіліп, сұққылап, бүріп ауыру.*

**БҮРІС=** ет. **1.** *Оттың, ыстық судың, жалынның әсерінен бір нәрсенің тартылып, құрысып-тырысып жиырылуы.* **2.** *Кішірею, кішкентай болып қалу.* **3.** *Ішке тартып, құрысып ауыру.* **4.** *Суықтың, аяздың әсерінен тоңу, бүкшию.* **5.** *Бүйығу, құнысу.* **6.** *Өнбеу, мардымсыз болу.* **7.** ауыс. *Ашық мінез, жарқын жүз көрсетпей тырысу, жақтырмау, ұнатпағанын аузын, маңдайын жиырып көрсету.*

**БҮРІСКЕК** сын. *Бүрісуге бейім, бүріскіш.*

**БҮРІС-ҚЫРЫС** зат. сөйл. *Реніш, ашу.*

**БҮРІСПЕ** зат. мед. ***Тырыспа.***

**БҮРІСТІР=** ет. **1.** *Тырыстыру, жиыру.* **2.** *Кішірейту.* **3.** *Жаурау, тоңу.* **4.** ауыс. *Қыспаққа алу, үркітіп-қорқыту.*

**БҮРІСТІРІЛ=** ет. *Бүріліп, қатты жиырылу.*

**БҮРІСУ** *Бүріс етістігінің қимыл атауы; бір жерге жинақталып, тырысып қалу.*

**БҮРІСІҢКІРЕ=** ет. *Сәл жиырылып, қушиыңқырау, бүктетілу.*

**БҮРІСІП-ТЫРЫСЫП** үст. *Жиырылып, бір жапырақ болу.*

**БҮТКІЛ** есім. сөйл. ***Бүкіл.***

**БҮТІЛ** ескі. кіт. *Барлық, бүкіл.*

**БҮТІН** сын. **1.** *Жыртық емес, тозбаған, бүлінбеген.* **2.** *Бұзылмаған, өзгермеген.* **3.** *Құллі,*

*бүкіл барлық.* **4.** *Тұтас, бөлінбеген.* **5.** *Сау, аман-сау.* **6.** *Толық, жарты емес.* **7.** мат.<ағыл. integer> *Бөлшексіз тұтас сан.* **8.** филос. *Заттардың не оның бөліктерінің жиынтығын білдіретін бір сыңары.*

**Бүтін алаш.** *Бар қазақ, қазақ біткен.* **Бүтін бір.** *Басынан аяғына дейін, тұрған бойы.* **Бүтін құн.** тар. *Босағада ат теуіп өлтірген балаға төленетін құн мөлшері.* **Бүтін мен бөлшек.** филос. *Заттардың не оның бөліктерінің жиынтығы мен осы заттарды біріктіріп, оларға тән емес жаңа қасиеттер мен заңдылықтардың пайда болуына әкелетін байланыс арасындағы қарым-қатынасты білдіретін философиялық категориялар.*

**БҮТІНДЕ=** ет. **1.** *Киімнің жыртылған жерін жамау, тігу, жамап-жасқау.* **2.** *Жөндеу, түзеу, бастапқы қалпына келтіру, дұрыстау.* **3.** *Толықтыру, толыққанды ету, түгендеу.*

**БҮТІНДЕЙ** үст. **1.** *Мүлде, түбегейлі, біржола.* **2.** *Тұтасымен, түгелдей.*

**БҮТІНДЕЛ=** ет. **1.** *Жөнделу, түзелу.* **2.** *Жаңа киім киіну, жаңалану.* **3.** *Қалпына келу, дұрысталу.*

**БҮТІНДЕН=** ет. сөйл. ***Бүтінделу***.

**БҮТІНДЕНУ** *Бүтінден етістігінің қимыл атауы.*

**БҮТІНДЕТ=** ет. *Түзету, жөндету.*

**БҮТІНДЕУ**[1] сын. **1.** *Бүтінірек, біршама бүтін.* **2.** *Жыртылмаған, сынбаған.* **3.** *Құламаған, жөні түзу.*

**БҮТІНДЕУ**[2] *Бүтінде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жөндеу, түзеу.* **2.** *Жамау, тігу.* **3.** *Құстың тозған, сынған, кетілген, көнерген, сырқаттанған қауырсынын тастатып, қанатын ұшуға дайындау.*

**БҮТІНДІК** зат. **1.** *Жамау-жасқаусыздық, жыртығы жоқтық.* **2.** *Он екі мүшесі саулық, амандық.* **3.** ауыс. *Ауызбіршілік, ынтымақтық.*

**БҮТІНШІ** зат. **1.** *Бүтіндеуші, жамап-жасқап жөндеуші.* **2.** ауыс. *Бітістіруші, табыстырушы, қалпына келтіруші.*

**БҮТІНІРЕК** сын. *Бүтіндеу, біршама бүтін, жөні түзу.*

**БҮҺ-БҮР** од. жерг. кәс. *Түйені суарғанда айтылатын сөз.*

**БҮШЕК** сын. *Бір жағы қорбиып, екінші шеті құшиған. // Құшиған, арық қой.*

**БЫҒУ** *Бық етістігінің қимыл атауы; дәнді дақылдардың қайнаған суда жібіп бөртуі.*

**БЫҒЫ-ЖЫҒЫ** үст. жерг. *Ығы-жығы.*

**БЫҒЫРЛА=** ет. сөйл. **1.** *Әлсіз, ретсіз бүлкілдеу, шымырлау.* **2.** *Тықырлап қайнау, қайнаған су, сорпаның ыдыс қақпағына тиіп тықырлауы.* **3.** *Быгу, толу.*

**БЫДЫ-БЫДЫ** елік. *Былдырлап, түсініксіз болып шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БЫДЫҚ** зат. мед. *Адамның сөйлеу қарқыны мен ырғағының бұзылуы, тұтықпа.*

**БЫДЫҚТА=** ет. *Анық сөйлемеу, тұтығу.*

**БЫДЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Сәл, аздап тұтығу.*

**БЫДЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Тұтығушылық.* **2.** ауыс. *Аспаптың дауысын дұрыс шығара алмаушылық*

**БЫДЫМ** сын. жерг. *Мазасыз.//Мазасыз адам.*

**БЫДЫМ-СЫДЫМ** үст. жерг. *Олай-бұлай.*

**БЫДЫҢДА=** сөйл. *Былдырлау, түсініксіз бірнәрсені айту.*

**БЫДЫР** зат. сөйл. ***Бұдыр***.

**БЫДЫРҚАЙ** сын. жерг. *Айғызданған кедір-бұдыр, бұдырмақты.*

**БЫДЫРЛЫ** сын. сөйл. ***Бұдырлы***.

**БЫДЫРМАҚ** сын. сөйл. ***Бұдырмақ***.

**БЫЖ** елік. *Кенет шыжылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Быж етті.** *Быжылдаған дыбыс шықты.*

**БЫЖАЛАҚТА=** ет. *Тыншу таппай, шыж-быж болу.*

**БЫЖА-ТЫЖА** елік. сөйл. *Ретсіз, бейберекет.*

**Быжа-тыжа болды** сөйл. *Астаң-кестең болды.*

**БЫЖ-БЫЖ** елік. *Кенеттен қайта-қайта шыжылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Быж-быж болды**. *Тызылдап күйіп-пісті, күйгелектенді.* **Быж-быж еткізді**. *Қайта-қайта быжылдатты.* **Быж-быж етті**. *Қайта-қайта быжылдады.* **Быж-быж қайнады.** а) *Көпіршіп, шымырлады.* ә) *Құжынады, қаптады.* б) *Быжылдады, быж-быж етті.* **Быж-быж қылды.** *Шатастырды, шашыратты.*

**БЫЖҒЫЛДА=** ет. *Быжылдау, шулау.*

**БЫЖ-ТЫЖ** елік. *Бейберекет, шашыраңқы, ретсіз қимылды бейнелейтін сөз. // Шу, дау-дамай, талас.*

**Быж-тыж болды.** а) *Астаң-кестең болды, тым-тырақай, беталды кетті.* ә) *Шат-шәлекей шықты.* **Быж-тыж қылды**. *Шат-шәлекейін шығарды, шатастырды, астаң-кестең етті.*

**БЫЖЫ**[1]**=** ет. *Құжынау, қаптау.*

**БЫЖЫ**[2] **=** ет. *Бұрқырап қатты ашу.*

**БЫЖЫҚ**[1] зат. *Көп, ұсақ нәрселер жиыны, тізбесі.*

**БЫЖЫҚ**[2] сын. жерг. *Мылжың, көп сөзді.*

**БЫЖЫҚ-ТЫЖЫҚ** зат. сөйл. *Ұсақ тірлік, шаруа.*

**БЫЖЫҚ-ШЫЖЫҚ: быжық-шыжық болды.** *Күйіп-пісті, қатты мазасызданды, күйгелектенді.*

**БЫЖЫҚЫ-ТЫЖЫҚЫ** сын. сөйл. *Бейберекет, ретсіз.*

**Быжықы-тыжықы тартты.** *Бейберекет күйге түсті, шашырады, шатасты.*

**БЫЖЫЛ** зат. *Ызыңдап, быжылдап шығатын дыбыс. // Қыңсылап үн шығаратын, быжылдаған.*

**БЫЖЫЛДА=** ет. **1.** *Быж-быж еткен дыбыс шығару, шыжылдау.* **2.** *Бұрқырап қатты ашулану.* **3.** ауыс. *Күйіп-пісіп, шыж-быж болу, шыжбалақтау.*

**БЫЖЫЛДАТ=** ет. *Быж-быж еткізу.*

**БЫЖЫЛДАУЫҚ** сын. *Быжылдап тұратын, быжылдай беретін.*

**БЫЖЫНА=** ет. *Құжынау, қаптау.*

**БЫЖЫНАҚ** сын. сөйл. *Быжынаған, құжынаған, қаптаған.*

**БЫЖЫҢ** сын. сөйл. *Мазасыз, беймаза.*

**БЫЖЫҢ-БЫЖЫҢ** елік. *Үзік-үзік және ақырын быжылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БЫЖЫҢ-ТЫЖЫҢ** зат. сөйл. *Ұсақ әңгіме, өсек, қауесет.*

**БЫЖЫР** зат. *Бұтасы қалың, шатқаланды шытырман, дөңді-жыралы жер.*

**БЫЖЫР-БЫЖЫР** сын. *Айқыш-ұйқыш, ығы-жығы, ретсіз.*

**БЫЖЫРҚАЙ** сын. *Кедір-бұдырлы, қисық-қыңыр, ретсіз.*

**БЫЖЫРҚАЙЛАН=** ет. *Кедір-бұдырланып, ұйме-жүйме болу, мыж-мыж болу.*

**БЫЖЫРЛА=** ет. *Қаптау, жыпырлау.*

**БЫЖЫРЛАТ=** ет. *Жыпырлату, қаптату.*

**БЫЖЫРЫҚ** сын. *Кедір-бұдырлы, айқыш-ұйқыштанған.*

**БЫЖЫРЫҚТАТ=** ет. жағымсыз. *Басаяғы жоқ, ретсіз істеу, былықтыру.*

**БЫЗАУШЕКПЕН** зат. өс. жерг. *Жерге табандап шығатын, түсі беде тәрізді өсімдік.*

**БЫЗЫҢ** зат. жерг. *Жаңа тебінденген мұрт.*

**БЫҚ**[1]**=** ет. **1.** *Дақыл танапты дәндердің қайнаған суда жібіп бөртуі, быгу.* **2.** *Қорытылу, сіңірілу, бөгу.* **3.** *Бату, бөгу, баттасу.* **4.** *Жиналу, толу жату.*

**БЫҚ**[2]**=** ет. сөйл. *Ығу, қорғаншақтау, тайсақтау.*

**БЫҚ** елік. *Қысқа, кенет шыққан қысаң дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бық еткен жоқ [етпеді].** *Елемеді, мән бермеді.* **Бық етті.** *Кенеттен қысқа дыбыс шығарды.*

**БЫҚ-БЫҚ** үст. *Лық, мүлде, тіпті.*

**БЫҚ-БЫҚТА=** ет. *Бық-бық еткен дыбыс шығару.*

**БЫҚИ-ТЫҚИ** сын. *Әртүрлі, сан-сапалақ, быт-шыт.*

**БЫҚМЕРЕЗ** сын. жерг. *Жаман ниетті, кесір.*

**БЫҚПЫРТ** зат. вет. *Қойда болатын ауру.*

**Бықпырт қылды**. *Шат-шәлекейін шығарды.* **Бықпырт тигендей.** *Бүйі тигендей, азан-қазан етіп.* **Бықпырт тигендей сабады [қылды].** *Қыран жапқандай болды, шат-шәлекейін шығарды, азан-қазан қылды.*

**БЫҚПЫРТТАЙ** сын. *Бықпырт сияқты, бықпырт тәрізді.*

**Бықпырттай тиді.** *Шат-шәлекейін шығарды, азан-қазан қылды.*

**БЫҚСУ** *Бықсы етістігінің қимыл атауы.*

**БЫҚСЫ=** ет. **1.** *Жалынсыз, қоңырсып түтіндеу.* **2.** *Ыбырсып, қоқырсып жату, иістену.* **3.** ауыс. *Жамандық, арамдық ойлау, пиғылы, ниеті бұзылу.*

**БЫҚСЫҚ** зат. **1.** *Тыныс тарылтатын көк түтін, шала жанған от.* **2.** *Ыбырсып, қалай болса солай жатқан қоқырсық, былық. // Бықсыған, түтіндеген.* **3.** ауыс. *Бітіп болмайтын ұсақ, пасық сөз. // Сөзі, әңгімесі көп, өсекші, ұсақшыл, арам пиғылды.*

**Бықсық ой.** *Ішке сақтаған қулығы мен бәлежаласы бар арам пиғыл.* **Бықсық сөз [әңгіме].** *Өсек, ұсақ әңгіме.*

**БЫҚСЫМА** зат. *Бәлелі, пасық сөз. // Өсекші, арам пиғылды, ұсақшыл.*

**БЫҚСЫП-КҮЙ=** ет. **1.** *Толық жанып кетпей, бір жері күйіп, бір жері бықсып, түтіндеу.* **2.** ауыс. *Мәнсіздену, құндылығын жоғалту, ұсақ-түйектену.*

**БЫҚСЫТ=** ет. **1.** *Отты лаулатып жақпай, түтіндету.* **2.** *Ыбырсыту, сасыту, қоқырсыту, былықтыру.* **3.** ауыс. *Ашып айтпай, бір бәленің шетін шығару, өсек айту.*

**БЫҚСЫТУ** *Бықсыт етістігінің қимыл атауы; отты лаулатып жақпай, түтіндету.*

**БЫҚТЫР=** ет. **1.** *Бөктіру, жібіту.* **2.** *Бұқтыру.*

**БЫҚЫ=** ет. **1.** *Мыңғырып қаптау; толып тұру.* **2.** *Ыбырсу, ластану, иістену.*

**Бықып жатты.** *Мыңғырып, қаптады, толып тұрды, құжынады.*

**БЫҚЫ-ШЫҚЫ** ес. жерг. *Анау-мынау, ондай-мұндай.*

**БЫҚЫЛДА=** ет. *Бық-бық еткен дыбыс шығару.*

**БЫҚЫЛЫҚТА=** ет. *Бық-бық еткен келте дыбыс шығару.*

**БЫҚЫНА=** ет. **1.** *Толу, қаптау, құжынау.* **2.** жерг. *Қатты терші, пысынау.*

**БЫҚЫНАЖАЙ** сын. жерг. *Қаптай, ретсіз, иін тіресе орналасқан аумақ.*

**БЫҚЫНАТ=** ет. *Қаптату, толтыру.*

**БЫҚЫР=** ет. *Толу, көбею, қаптау.*

**БЫҚЫРА=** ет. сөйл. *Бұрқырап, қатты ашу.*

**БЫҚЫР-БЫҚЫР** сын. *Көп, қаптаған, молынан, жиі орналасқан.*

**БЫҚЫРЛА=** ет. сөйл. *Қаптап жату; толып тұру, құжынау.*

**БЫҚЫРЛАТ=** ет. *Қаптату, толтыру.*

**БЫҚЫРСЫ=** ет. **1.** *Қоқырсу, ыбырсу, шашылу.* **2.** *Иістену, қоңырсу, бықсу.*

**БЫҚЫРСЫТ=** ет. *Шашу, қоқырсыту, ыбырсыту.*

**БЫҚЫТ=** ет. *Көбейту, қаптату.*

**БЫҚЫ-ТЫҚЫ: бықы-тықы болды**. *Кейіді, ашуланды, шыж-быж болды.*

**БЫЛА** сын. *Жас, ерке.*

**БЫЛА=** ет. *Сипай қамшылау, тізгінді жұмсақ қағу.*

**БЫЛАҒАЙ** үст. *Астан-кестен, абыр-сабыр, қарбалас, дүрбелең.*

**Былағайға салды**. *Айғайға басты, ашуланды.*

**БЫЛАҒАЙЛА=** ет. **1.** *Үйіру, ұйытқыту.* **2.** *Зиянқорлық жасау, күнәһар болу.*

**БЫЛАЙ** үст. **1.** *Мeңзеген жаққа қарай.* **2.** *Әрі таман, аулақ.* **3.** *Бөлек, әрі, бері.* **4.** *Мынадай, осылай.* **5.** *Әншейін, жай.* **6.** *Кейін, бері, бастап.* **7.** *Оңай, жеңіл-желпі.*

**Былай да**. *Қалай болғанмен, әшейінде, онсыз да.* **Былай қалды.** *Ескерусіз қалды, еленбеді; санаспады, жайына қалды.* **Былай қойғанда [қояйын, қойып]**. *Ол түгіл, оны айтпағанда.* **Былай тұр.** *Қараңды батыр, әрмен, аулақ кет.* **Былай тұрсын.** *Оны айтпағанда, есептемегенде.*

**БЫЛАЙҒЫ** сын. **1.** *Одан бөтен, өзге, басқа. // Басқасы, өзгесі, бөлегі.* **2.** *Белгілі бір мерзімнен кейінгі, болашақтағы, алдағы.*

**БЫЛАЙДА** үст. **1.** *Әншейінде, онсыз да.*

**БЫЛАЙША** үст. **1.** *Осылайша, мынадай етіп.* **2.** *Жай ғана, жалпы, негізінен.*

**Былайша айтқанда.** *Анығырақ, дәл, басқаша айтқанда.*

**БЫЛАЙЫНША** үст. сөйл. **1.** *Былайша, негізінен, жалпы.* **2.** *Басқаша, бөлек.*

**БЫЛАЙЫРАҚ** үст. *Сәл алыстау, шеткерірек.* **2.** *Оңашалау, бөлектеу.*

**БЫЛАЙЫРАҚТА** үст. *Шеткеріректе, арырақ жақта.*

**БЫЛАЙЫРАҚТАН** үст. *Шет жақтан, әріректен.*

**БЫЛАМЫҚ** зат. этн. *Ұн не талқаннан суға, сүтке езіліп дайындалатын сұйық ботқа.*

**БЫЛАМЫҚТЫҚ** сын. *Быламыққа жарарлық, быламық боларлық*

**БЫЛАМЫТ** сын. *Лайланған, былғанған.*

**БЫЛАҢ** елік. *Кенеттен жалт етіп, бұлаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Былаң етті**. сөйл. ***Бұлаң етті.***

**БЫЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Бұлаңда.***

**БЫЛАПЫТ** сын. **1.** *Ұқыпсыз, ебедейсіз, икемсіз.* **2.** *Қалай болса солай, бейберекет.* **3.** *Әдепсіз, бейауыз, бейпіл, дөрекі.*

**Былапыт сөз.** *Дөрекі, бейпіл тіл.* **Былапыт сөзді.** *Дөрекі, бейпіл тілді.*

**БЫЛАПЫТТА=** ет. **1.** *Ластау, былғау.* **2.** *Тілдеп балағаттау.* **3.** *Бейберекет ету, ысыраптау, рәсуалау.*

**БЫЛАПЫТТАН=** ет. *Аузына келгенді айту, балағаттау.*

**БЫЛАУ** зат. сөйл. ***Бұлау.***

**БЫЛАУДАЙ: екі көзі былаудай.** сөйл. ***Екі көзі бұлаудай.***

**БЫЛАУЛА[1]=** ет. сөйл. ***Бұлаула.***

**БЫЛАУЛА[2]=** ет. сөйл. ***Бұлаула*** **1.** *(көзі жасқа толу, көп жылау).*

**БЫЛБЫР** сын. *Сылбыр, ширақ емес, бос.*

**БЫЛБЫРА=** ет. **1.** *Жұп-жұмсақ боп былжырап езілу.* **2.** ауыс. *Босау, бусану.* **3.** ауыс. *Ширақ емес, босбелбеу болу.*

**БЫЛБЫРТ** сын. сөйл. *Жұмсақ.*

**БЫЛҒА[1]=** ет. **1.** *Қарақожалақ етіп ластау, кір тигізу.* **2.** ауыс. *Ұятқа қалдыру, атына кір (сөз) келтіру.* **3.** ауыс. *Былапыт сөйлеп, тіл тигізу, шырқын бұзу.* **4.** ауыс. *Сәнін кетіру, бүлдіру.*

**БЫЛҒА[2]=** ет. сөйл. ***Бұлға.*** **1.** *Бір нәрсені жоғары көтеріп, басынан асыра ұстап, әрлі-берлі қозғау, белгі беру.* **2.** *Сұйық, қоймалжың затты қозғап араластыру.*

**БЫЛҒАҚТА=** ет. сөйл. ***Бұлғақта.*** **1.** *Әрлі-берлі тербелу, теңселу, шайқалу.* **2.** ауыс. *Еркін, ерке өсу, толықсу, жоқшылық көрмей, бұлғаңдау.*

**БЫЛҒАҚТАС=** ет. *Ары-бері теңселісу, шайқалысу, бұлғалақтасу.*

**БЫЛҒАҚТАТ=** ет. сөйл. ***Бұлғақтат.***

**БЫЛҒАЛА=** ет. *Ластау, араластыру, сапырылыстыру.*

**БЫЛҒАЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Бұлғалақта.*** **1.** *Араластыру, қозғау, шайқау.* **2.** *Түзу жүре алмау, қисалаңдау.* **3.** ауыс. *Тұрақсыздық көрсету, солқылдақтық таныту, айну.*

**БЫЛҒАЛАҚТАТ=** ет. сөйл. ***Бұлғақтату.***

**БЫЛҒАМА** зат. тех. *Жағылатын нәрсе, қоймалжың сұйықтық.*

**БЫЛҒАМАЛА**=ет. жерг. *Араластыру.*

**БЫЛҒАМАЛАУ** *Былғамала етістігінің қимыл атауы.*

**БЫЛҒАМСОҚТА=** ет. жерг. *Былғап, қалай болса солай араластыру.*

**БЫЛҒАН=** ет. **1.** *Кірлену, ластану, жұқтыру.* **2.** бейн. *Сөздің шұбарлануы, басқа сөздің араласуы.* **3.** ауыс. *Арына дақ түсу, пейілі бұзылу; көңілі кірлену, адамдығына нұқсан келу.*

**БЫЛҒАНУ** *Былған етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұқтыру, араласу.* **2.** *Ластану, кірлену.*

**БЫЛҒАНЫШ** сын. **1.** *Таза емес, кір-қожалақ, лас. // Былғанған, былғанышты нәрсе.* **2.** ауыс. *Жиіркенішті, жексұрын, пасық.*

**Былғаныш сөз**. *Былапыт, әдепсіз сөз.*

**БЫЛҒАНЫШТАУ** сын. *Лайсаңдау, ластау.*

**БЫЛҒАНЫШТЫ** сын. сөйл. ***Былғаныш.***

**Былғанышты сөз.** сөйл. ***Былғаныш сөз.***

**БЫЛҒАҢ** елік. *Кенеттен қырт жасалған, шалымы қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Былғаң етті.** сөйл. ***Бұлғаң етті.***

**БЫЛҒАҢДА=** ет. сөйл. ***Бұлғаңда.*** **1.** *Әрлі-берлі теңселу, шайқалу, тербелу.* **2.** *Түзу жүре алмай, қисалаңдау.* **3.** ауыс. *Еркін жүру, ерке өсу, жоқшылық көрмей, бұлғақтау.*

**БЫЛҒАҢДАТ=** ет. сөйл. ***Бұлғаңдат.*** **1.** *Әрлі-берлі теңселту, шайқау, тербету.* **2.** *Әрлі-берлі қозғау, бұлғаң-бұлғаң еткізу.*

**БЫЛҒАРЫ** ир. зат. *Мал терілерін химиялық және механикалық әдістермен өңдеу арқылы алынатын материал.*

**Былғары етік.** *Былғары, теріден тігілген аяққиім, етік.* **Былғары жүген.** қолөнер. *Сапалы былғарыдан жасалған жүген.* **Былғары қолғап шебері.** бейн. ***Боксшы.*** **Былғары садақ.** *Былғарыдан жасалған садақ.* **Былғары тоқым**. *Былғарымен қапталған тоқым.*

**БЫЛҒАРЫДАЙ** сын. *Былғары сияқты, былғары тәрізді.*

**БЫЛҒАРЫШЫ** зат. *Тері илеу, өңдеу ісімен айналысушы.*

**БЫЛҒАТ=** ет. *Кірлету, ластату.*

**БЫЛҒАУ** *Былға етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кірлету, ластау.* **2.** ауыс. *Ұятқа қалдыру, кір келтіру.*

**БЫЛҒАУЫШ[1]** зат. зоол. *Өзен-көл, теңіз қайраңдарына жұмыртқалап, балықты қорек ететін, шағалалар тұқымдасына жататын жүзгіш құс.*

**БЫЛҒАУЫШ[2]** зат. сөйл. ***Бұлғауыш.***

**БЫЛҒАУЫШТАЙ** сын. *Былғауыш сияқты, былғауыш тәрізді.*

**БЫЛДЫР[1]** зат. **1.** *Баланың жаңа шыға бастаған тілі, түсініксіз сөзі.* **2.** *Түсініксіз айтылған сөз.*

**БЫЛДЫР[2]** елік. *Адамның былдырлаған түсініксіз тілін бейнелейтін сөз.*

**Былдыр етті.** *Былдырлап, түсініксіз сөйледі, айқын емес дыбыстар шығарды.*

**БЫЛДЫРА=** ет. **1.** *Былдыр-былдыр етіп, түсініксіз сөйлеу.* **2.** ауыс. *Дыбыс беріп сыбдырлау, сылдырлау.*

**БЫЛДЫРАҚТА=** ет. жағымсыз. *Түсініксіз етіп, әлденені айту, былдырлау.*

**БЫЛДЫРАҚТАТ=** ет. *Түсініксіз, айқын емес, шатып-пұтып сөйлеу.*

**БЫЛДЫРАТ=** ет. *Тілі шықпаған бала сияқты сөйлеу, былдырлау.*

**БЫЛДЫР-БЫЛДЫР** елік. **1.** *Баланың жаңа шыға бастаған тілін бейнелейтін сөз.* **2.** *Бұлақтың, арықтың сылдырап аққан дыбысын бейнелейтін сөз.*

**БЫЛДЫРЛА=** ет. **1.** *Былдыр-былдыр етіп түсініксіз сөйлеу.* **2.** ауыс. *Әлденені айтқандай боп, дыбыс шығару; сылдырлау.*

**БЫЛДЫРЛАҚ** сын. *Анық емес, былдыр-былдыр еткен.*

**БЫЛДЫРЛАС=** ет. *Бір-бірімен былдырлап сөйлесу, түсініксіз етіп сөйлеу.*

**БЫЛДЫРЛАТ=** ет. **1.** *Айқын емес, түсініксіз дыбыс шығарту, сөйлету.* **2.** *Сыбдырлату, сылдырлату.*

**БЫЛДЫРЛАУ** *Былдырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Былдыр-былдыр етіп, түсініксіз сөйлеу.* **2.** *Сылдырлау, дыбыстау.*

**БЫЛЖЫР[1]** зат. құр. *Құрылыста қаланған тас, кесектерді ұстастыруға және басқа да мақсатта жұмсалатын иленген балшық, лай, күрделі құрам.*

**Былжыр басты.** *Балшық жасап, лай әзірледі.* **Былжыр басу.** *Балшық жасап, лай әзірлеу.*

**БЫЛЖЫР[2]** зат. қолөнер. *Семіз малдың терісінің майын кетіру үшін ұнтақталып, арнайы дайындалатын зат.*

**БЫЛЖЫР[3]** сын. **1.** *Суланып, езіліп тұрған, жұп-жұмсақ.* **2.** ауыс. *Болбыраған, босбелбеу, ынжық.* **3.** ауыс. *Бейпіл айтылған, мәнсіз, бос. // Мәнсіз, бос сөз.*

**БЫЛЖЫРА=** ет. **1.** *Шылқыған су болу, үздіксіз сыздықтап ағу.* **2.** *Ылжырап пісу, езілу.* **3.** ауыс. *Болбырап, сылбыр тартып, босаңсу.* **4.** ауыс. *Жоқтан өзгені айтып, көп сөйлеу, мылжыңдау.*

**БЫЛЖЫРАҚ** зат. **1.** *Сылпылдаған лай, лайсаң; былжыраған, сулы.* **2.** ауыс. *Мағынасыз бос сөз, мылжың.*

**БЫЛЖЫРАТ=** ет. **1.** *Суландыру, шылқыту, шылқылдату.* **2.** ауыс. *Киімді қалай болса солай, алқа-салқа кию.* **3.** ауыс. *Сылбыр тартқызу, болбырату, босаңсыту.*

**БЫЛЖЫРАТУ** *Былжырат етістігінің қимыл атауы; сылбыр тартқызу, болбырату, босаңсыту.*

**БЫЛЖЫРЛАУ** сын. **1.** *Сәл сулы, жұмсақтау, езіліңкіреген.* **2.** ауыс. *Жинақы, ширақ емес, босаңдау.*

**БЫЛЖЫРЛЫҚ** зат. *Бойкүйездік, босаңдық, сылбырлық.*

**БЫЛҚ** елік. *Жұмсақ нәрсеге бір зат батқандағы, тигендегі, соғылғандағы қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

**Былқ ете түсті**. *Кенеттен жұмсақ болып білінді.* **Былқ ете түсу.** *Бірден көне кету, келісу.* **Былқ еткізбеді.** *Тырп етуге мүмкіндік бермеді, қозғалтпады.* **Былқ еткізді.** *Былқылдатты, жұпжұмсақ болып тиді.* **Былқ етпеді [еткен жоқ].** а) *Тырп етпеді, елең қылмады.* ә) *Назар аудар-*

*мады, көңіл бөлмеді.* **Былқ етті.** а) *Жұп-жұмсақ боп тиді, сезілді.* ә) *Күрт сылқ етіп, құлап түсті.*

**БЫЛҚ-БЫЛҚ** елік. *Майысып, бұрала басқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Былқ-былқ етті.** а) *Былқылдады, жұп-жұмсақ болды.* ә) *Босады, қозғала берді, былқ-сылқ етті.* б) *Семіздіктен ірк-ірк етті.*

**БЫЛҚИ[1]=** ет. *Былқ етпеген күйінде қалу, сол қалпынан айнымау, қозғалмау.*

**БЫЛҚИ[2]=**ет. жерг. *Семіру, қоңдану.*

**БЫЛҚ-СЫЛҚ** елік. **1.** *Қиралаңдаған, бұралаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.* **2.** *Қалай болса, солай, сүлесоқ.*

**Былқ-сылқ [етіп] басты.** *Бұралаңдап, мың бұралып, кербезденіп жүрді.* **Былқ-сылқ етті.** а) *Буыны босады, былқылдады.* ә) *Еркелеп, майысты, қылымсыды.* б) *Солқылдақтық жасап, тайсақтады.* **Былқ-сылқ ету.** *Солқылдақтық көрсетіп, тайсақтау, айну.*

**БЫЛҚЫ=** ет. **1.** *Шымырлап қайнап, бабымен пісу.* **2.** *Толып, тұнып тұру.*

**БЫЛҚЫЛ** зат. **1.** *Ірк-ірк еткен, жұп-жұмсақ күй, қалып.* **2.** ауыс. *Табансыздық, солқылдақтық.*

**БЫЛҚЫЛДА=** ет. **1.** *Солқылдап, жұп-жұмсақ, бос болу.* **2.** *Былқ-былқ етіп балқу, еру.* **3.** *Босап, жұмсару, қозғала беру..* **4.** *Қалай болса, солай, былқ-сылқ ету, жаны кету.* **5.** *Майдан баса алмай, ірк-ірк ету.* **6.** *Шымырлап, жай, жұмсақ қайнап жату.* **7.** *Бабына келіп, әбден пісу, уылжу.* **8.** ауыс. *Толықсып, толқып майысу.* **9.** ауыс. *Балбырау, елжіреу, елту.* **10.** ауыс. *Былқ-сылқ етіп, босаңдық білдіру, босаңсу.*

**БЫЛҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Былқ-былқ еткен, борпылдақ.* **2.** *Мамық, жұмсақ.* **3.** *Былқылдаған, майысқан.* **4.** *Жұмсақ, етті.* **5.** ауыс. *Табансыз, тұрақсыз, солқылдақ.*

**БЫЛҚЫЛДАҚТАУ** сын. **1.** *Жұмсақтау, саздылау.* **2.** ауыс. *Анық емес, солқылдақтау, күмәнділеу.*

**БЫЛҚЫЛДАҚТЫҚ** зат. *Әрі-сәрі күй, солқылдақтық.*

**БЫЛҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Іркілдету, ірк-ірк еткізу.* **2.** ауыс. *Босаңсыту, болбырату.*

**БЫЛҚЫЛДАТУ** *Былқылдат етістігінің қимыл атауы; босаңсыту, болбырату.*

**БЫЛҚЫЛДАУ** *Былқылда етістігінің қимыл атауы; жұп-жұмсақ, бос болу.*

**БЫЛҚЫТ=** ет. *Бабына келтіріп, әбден пісіру.*

**БЫЛП** елік. *Бір нәрсенің жұп-жұмсақ болып білінген қалып-күйін бейнелейтін сөз.*

**Былп етті.** *Жұп-жұмсақ боп білінді.*

**БЫЛПАҢ** зат. *Ақ оты мол өріс.*

**БЫЛПИ=** ет. *Рабайсыз семіру, жалпию.*

**БЫЛПЫ=** ет. *Былбырап жұп-жұмсақ болу.*

**БЫЛПЫЛДА=** ет. **1.** *Былп-былп ету, былбырау, жұп-жұмсақ болу.* **2.** ауыс. *Сөз майын тамызып, лыпыл қағу.*

**БЫЛПЫЛДАҚ** сын. *Былп-былп еткен, жұп-жұмсақ.*

**БЫЛПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Былп-былп еткізу.* **2.** ауыс. *Сөз майын тамызып, төгіліп сөйлеу.*

**БЫЛПЫҢ** сын. *Жұп-жұмсақ.*

**Былпың қақты.** экспр. *Лыпылдап бәйек болды.*

**БЫЛПЫҢДА=** ет. *Лыпылдап, былпың қағу, бүлкілдеу.*

**БЫЛТЫҚ[1]** зат. *Сексеуілдің шор болып біткен қысқа бұтағы.*

**БЫЛТЫҚ[2]** сын. сөйл. ***Быртық.***

**БЫЛТЫР** үст. *Өткен жыл.*

**БЫЛТЫРҒЫ** сын. *Өткен жылғы.*

**БЫЛТЫРҒЫДАЙ** сын. *Өткен жылғыдай, өткен жылдағыдай.*

**БЫЛТЫРДА** сын. сөйл. ***Былтырғыдай.***

**БЫЛТЫРДАН** үст. *Өткен жылдан.*

**БЫЛТЫРЛАР** үст. сөйл. *Өткен жылдары, бұрын.*

**БЫЛШ** елік. *Сумен жүргенде, түкіргенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Былш еткізді.** а) *Көп етіп түкіріп жіберді, төге салды.* ә) *Аузына келгенін айта салды.* б) *Сарт еткізді, қойып қалды.* **Былш етті.** а) *Жалп етіп құлап түсті.* ә) *Бар пәрменімен тиді, сарт етті.*

**БЫЛШ-БЫЛШ** елік. *Шылқылдаған сумен жүргенде, көп көлемді сұйық зат шашырағанда, түкіргенде естілетін дыбыс.*

**Былш-былш етті.** *Шалп-шалп етті, былшылдады.* **Былш-былш жеді.** экспр. *Шылпылдатып күйседі, соқты.* **Былш-былш соқты [ұрды].** *Үсті-үстіне тарсылдатып, қойғылады.* **Былш-былш түкірді.** *Қайта-қайта шылпылдатып түкірді.*

**БЫЛШИ=** ет. **1.** *Быттию, бедірею, жалпию.* **2.** *Тым жуандап, қатты семіру.*

**БЫЛШЫҚ** зат. *Көз жиегінде пайда болатын ірің тәрізді зат.*

**БЫЛШЫҚТАН=** ет. *Көзге былшық тұру.*

**БЫЛШЫҚТЫ** сын. *Былшық басқан, былшығы бар.*

**БЫЛШЫЛ** зат. *Бос, мылжың, тантық сөз.*

**Былшылына қылышы қисаймады.** *Елемеді, мән бермеді, елең қылмады.*

**БЫЛШЫЛДА=** ет. **1.** *Шылқ-шылқ су болу, былш-былш тию, жабысу.* **2.** ауыс. *Мылжыңдап әр нәрсені бір көку, аузына келгенді айту.*

**БЫЛШЫЛДАТ=** ет. **1.** *Былш-былш еткізу.* **2.** *Үсті-үстіне соққылап ұру.* **3.** ауыс. *Бос сөзді айтып көкезулену.*

**БЫЛЫҒУ** *Былық етістігінің қимыл атауы; Нәрсенің асты-үстіне шығып, араласып кетуі; ыбырсу.*

**БЫЛЫҚ** сын. жағымсыз. **1.** *Асты-үстіне шыққан, лас. // Белшеден батқан шатақ жағдай.* **2.** *Таза емес, арам.*

**БЫЛЫҚ=** ет. **1.** *Ретсіз, асты-үстімен араласып, ыбырсып жату.* **2.** *Шатасып, әбігерлену, әлек болу, бүліну.*

**БЫЛЫҚ-БЫЛАПЫТ** сын. жағымсыз. *Жөні жоқ, бұзылған, бейауыз, дарақы.*

**БЫЛЫҚПА** сын. жағымсыз. *Былыққан, шатасқан, былығы бар, былыққа батқан.*

**БЫЛЫҚТАУ** сын. *Ласырақ, ретсізірек, настау, былығыңқыраған.*

**БЫЛЫҚТЫҚ** зат. *Настық, салақтық.*

**БЫЛЫҚТЫР=** ет. **1.** *Бүлдіру, шатастыру.* **2.** ауыс. *Өтірік айту, бөсу.* **3.** ауыс. *Бықсыту, сасыту.*

**БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Шатасқан, баттасқан, былғаныш тірлік (жай), қитұрқы қимыл-әрекеттер.*

**БЫРБИ=** ет. *Быртиып ісіну, быттию.*

**БЫР-БЫР** елік. *Қайта-қайта бырылдап (қорылдап) шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БЫРҒЫ** зат. муз. *Қазақтың ежелгі үрлемелі саз аспабы.*

**БЫРҒЫШЫ** *Бырғы аспабының ойнаушысы.*

**БЫРДАЙ** сын. *Теп-тегіс, бір текті болып қаптап жатқан.*

**Бырдай болып жатыр.** *Тым көп, құжынап жатыр, қаптап жүр, бықып жатыр.*

**БЫРЖИ=** ет. *Бет-пішіні быттию, тыржию.*

**БЫРЖИТ=** ет. *Бетін тыржиту.*

**БЫРЖУ** *Быржы етістігінің қимыл атауы.*

**БЫРЖЫ**= ет. жерг. **1.** *Ысу, ысып кету.* **2.** *Ашу (айран туралы).*

**БЫРЖЫҚ** сын. *Әбден мыж-мыж болған, қыртыс-тыртыс тартқан.*

**БЫРҚ** елік. *Бырқылдаған, бырс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бырқ етті.** *Бырс еткен дыбыс шықты.*

**БЫРҚ-БЫРҚ** елік. *Үзік-үзік бырқылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бырқ-бырқ қайнады.** *Қатты қайнады, бырқылдады.*

**БЫРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Бырқ-бырқ еткен дыбыс шығару; мұрны біту.* **2.** *Бырқ-бырқ етіп, сақырлап қайнау.* **3.** ауыс. *Реніш білдіріп, бұлініп, күңкілдеп сөйлеу.*

**БЫРҚЫРА=** ет. экспр. **1.** *Жиылмай, шашылып-төгіліп жату.* **2.** ауыс. *Қорылдап ұйықтап жату.* **3.** *Ашулану, тұтігіп кету, ұрысу.* **4.** ауыс. *Мыңғырып, ағыл-тегіл, көл болып жату.*

**БЫРС** елік. *Үрлеген доп, шар, баллон сияқты заттар оқыс жарылғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бырс етті.** *Оқыс жарылып, жел шықты.*

**БЫРСЫЛДА=** ет. **1.** *Бырс-бырс жарылу.* **2.** *Терлеп-тепшіп, ырсылдап пысынау.* **3.** *Пысылдау, пыс-пыс ету.*

**БЫРТ** елік. *Сынған, үзілген, жұлынған кезде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бырт дейді, шырт дейді.** *Анау деп, мынау деп көне қоймады, созбалақтады.* **Бырт ете қалды [етті].** а) *Кенеттен бырт деген дыбыс шықты, бырт етіп үзілді.* ә) *Домаланып, кілт үзілу т.б.* **Бырт еткізді.** *Бырт еткен дыбыс шығартты, үзіп алды.*

**БЫРТ-БЫРТ** елік. *Күрт-күрт, сырт-сырт еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**БЫРТ-СЫРТ** зат. жерг. *Бос сөз, былшыл.*

**БЫРТИ=** ет. *Ісіну, толысу, семіру.*

**БЫРТИҒАН** сын. *Толық әрі жуантық, быттиған.*

**БЫРТЫҚ** сын. *Тырбиған қысқа, домаланған жұп-жуан.*

**БЫРТЫҚАЙ** сын. *Сәл быртық, быртық келген, быртықша.*

**БЫРТЫҚТАУ** сын. *Қысқалау келген, тапалтақ, етжеңділеу.*

**БЫРТЫЛДА=** ет. *Бырт-бырт, сырт-сырт үзілген (жарылған) дыбыс шығу.*

**БЫРТЫЛДАТ=** ет. *Бырт-бырт еткізу.*

**БЫРТЫС=** ет. *Қырыс-тырыс болып, жиылып қалу.*

**БЫРШ** елік. *Кенет пырс, пыш етіп жарылғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бырш еткізді.** *Кенет кірш еткізді.* **Бырш етті.** *Кенет шырт етіп шашырады.*

**БЫРШУ** *Бyршы етістігінің қимыл атауы; бықыру, ашу.*

**БЫРШЫ=** ет. **1.** *Бығып қатты ашу.* **2.** *Пысынап, қатты терлеу.*

**БЫРШЫЛДА=** ет. *Бырш-бырш ету, терлеп-тепшу.*

**БЫРШЫМА** зат. *Ашып кеткен, быршып тұрған айран.*

**БЫРШЫТ=** ет. **1.** *Пысынату, терлету.* **2.** *Ашыту, былықтыру.*

**БЫРЫҚ=** ет. сөйл. жерг. ***Былық** (қалай болса солай, ретсіз болу).*

**БЫРЫЛ** зат. *Бір-біріне жалғасып, бірқалыпты шығатын быр-быр еткен дыбыс.*

**БЫРЫЛДА=** ет. **1.** *Быр-быр еткен, пырылдаған дыбыс шығару.* **2.** *Пырылдап ұйықтау.*

**БЫРЫС=** ет. *Жиырылып, құрысып-тырысу.*

**БЫРЫСТЫР=** ет. *Күйдіріп, тырыстыру.*

**БЫРЫСТЫРУ** *Бырыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**БЫРЫСУ** *Бырыс етістігінің қимыл атауы.*

**БЫТБЫЛДЫҚ** зат. **1.** сөйл. ***Бытпылдық.*** **2.** ауыс. жерг. *Байыпсыз, құрғақ әңгіме.*

**БЫТПЫЛДЫҚТАЙ** сын. *Бытпылдық сияқты, бытпылдық тәрізді.*

**БЫТ-БЫТ** елік. *Бырт-бырт етіп үзілген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Быт-быт болды.** *Тоз-тозы шықты, ыдырады; быт-шыт болды.*

**БЫТҚЫЛ** зат. *Қалың жынысты, бұталы, қалтарысы мен иығыл-шұңғылы көп жер.*

**БЫТҚЫЛ-БЫТҚЫ** сын. *Қалтарысты, бұрыш-бұрышы, иығыл-шұңғылы көп.*

**БЫТҚЫЛ-ШЫТҚЫЛ** сын. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы.*

**БЫТПЫҚТА=** ет. сөйл. ***Бытпылдықта.***

**БЫТПЫЛДЫҚ**[1] зат. **1.** сөйл. ***Бөдене.*** **2.** *Бөдене үні.*

**БЫТПЫЛДЫҚ**[2] зат. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, шоқалақ жер.* **2.** ауыс. *Тиянағы жоқ, сергелдең. // Түсініксіз, мән-мағынасыз, жалған сөз.*

**БЫТПЫЛДЫҚ**[3] зат. жерг. *Шоқ-шоқ болып жиі өсетін шөп түрі.*

**БЫТПЫЛДЫҚТА=** ет. *Бөдененің үн шығаруы.*

**БЫТПЫРАҚ** сын. *Мән-мағынасын ажыратып болмайтын түсініксіз қойыртпақ.*

**БЫТПЫРАҚТАТ=** ет. *Шатып-пұту, ауызға келгенді айту, далбасалау.*

**БЫТ-СЫТ: быт-сыт болды.** сөйл. экспр. *Әйтеуір өйтті-бүйтті, анау болды, мынау болды.*

**БЫТТИ=** ет. *Дене мүшелерінің толып, ісініп, тырсиюы.*

**БЫТТИЮ** *Бытти етістігінің қимыл атауы.*

**БЫТТЫС=** ет. сөйл. *Бытысу, бырығу.*

**БЫТ-ШЫТ** сын. **1.** *Күлпаршасы шығып, сынған, қираған, бүлінген.* **2.** ауыс. *Бей-берекет, шым-шытырық.*

**Быт-шыт болды.** а) *Күл-талқан болды, парша-паршасы шықты.* ә) *Сынды, қирады.* б) *Бей-берекет, жан-жаққа тарады, тым-тырақай болды.* **Быт-шыт қылды.** а) *Күл-талқан етті.* ә) *Бұзып жіберді, берекесін кетірді.* **Быт-шытын шығарды.** *Әбігерге салды тоз-тоз етті.* **Быт-шыты шықты.** а) *Күл-талқаны (парша-паршасы) шықты, тоз-тозы шықты.* ә) *Ойран-топан болып, күйреді, жеңілді.*

**БЫТЫҚ** сын. *Тырсиып, быттиған.*

**БЫТЫҚ=** ет. жерг. *Шатасу, жаңылысу.*

**БЫТЫҚАНА** зат. жерг. *Ұсақ маса.*

**БЫТЫҚ-ШЫТЫҚ** сын. *Түсініксіз, анық емес, шым-шытырық.*

**БЫТЫҚЫ-ШЫТЫҚЫ** сын. *Қым-қуыт, шым-шытырық.*

**БЫТЫР** елік. *Қатты заттың кенет күтір етіп сынған дыбысын бейнелейтін сөз.*

**Бытыр етті.** *Қытырлаған дыбыс шықты.*

**БЫТЫРА** зат. *Қорғасыннан ұсақ етіп, домалақтап жасаған мылтық оғы.*

**Бытыра жаудырып өңдеу.** кәс. *Металл бұйымдар бетін диаметрі 0,5-2,5 мм шойын немесе болат бытырамен атқылап өңдеу.* **Бытыра құю.** *Қорғасынды балқытып оқ жасау.* **Бытыра мылтық.** *Дәрімен атылатын жалғыз не қос ауызды қару.*

**БЫТЫРА=** ет. *Шашырап, тарап, бет-бетіне кету.*

**БЫТЫРАДАЙ** сын. *Бытыра сияқты, бытыра тәрізді.*

**БЫТЫРАЛЫ** сын. *Бытырасы бар, бытырамен атылатын.*

**БЫТЫРАМА** сын. *Бір орталықтан (түптен) бытырай, шашырай жан-жаққа тарап жатқан (нәрселер жиыны).*

**БЫТЫРАМАЙ** үст. **1.** *Бір ауыздан, тұтас, бірдей етіп, бұзбай.* **2.** *Төгілмей, шашылмай, түгел.*

**БЫТЫРАНДЫ** сын. *Өз алдына жеке-жеке, шашыранды, құранды.*

**БЫТЫРАНДЫЛЫҚ** зат. *Жеке-жеке болушылық, шашырандылық, бытыраңқылық.*

**БЫТЫРАҢҚЫ** сын. *Бір ортаға бірікпеген, әр жерден бір, шашыранды.*

**Бытыраңқы ақмамық.** өс. <лат. puccinella distans> *Астық тұқымдасының ақмамық туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Бытыраңқы ел.** *Басы бірікпей, әр тұста шашылып жүрген жұрт (халық).* **Бытыраңқы үйбидайық.** өс. <лат. lolium remotum> *Үйбидайықтың улы түрі.*

**БЫТЫРАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Бір ортаға бірікпегендік, шашырандылық.*

**БЫТЫРАҢҚЫРА=** ет. *Сирек-сирек болып шашыраңқырау.*

**БЫТЫРАС=** ет. *Жан-жаққа тарасу, шашырасу.*

**БЫТЫРАТ=** ет. **1.** *Шашырату, ыдырату, бет-бетімен жіберту.* **2.** *Тарату, тарқату.*

**БЫТЫРАТУ** *Бытырат етістігінің қимыл атауы; тарату, бөлу.*

**БЫТЫРАТЫЛ=** ет. *Таратылу, бөліп-бөліп жіберілу.*

**БЫТЫРАУ** *Бытыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шашырау, ыдырау.* **2.** *Жан-жаққа кету, тарау.*

**БЫТЫР-БЫТЫР** елік. *Бырт-сырт, қатыр-құтыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Бытыр-бытыр еткізді.** *Бытырлатты, күтір-күтір еткізді.* **Бытыр-бытыр етті.** *Бытырлады, күтір-күтір етті.*

**БЫТЫРЛА=** ет. **1.** *Бытыр-бытыр еткен дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Төпелеу, көбею, түсу, жауу, көбейіп кету.* **3.** ауыс. *Қаптау, құжынау.*

**БЫТЫРЛАТ=** ет. *Бытыр-бытыр еткізу.*

**БЫТЫС=** ет. **1.** *Шым-шытырық шырмалып, шатысып жату.* **2.** ауыс. *Араласу, байланысу.*

**БЫТЫСТЫР=** ет. *Шатыстыру, араластыру.*

**БІГІЗ** зат. жерг. ***Біз.***

**БІЗ**[1] зат. **1.** *Ағашты, қаңылтыр, былғары заттарды тесу үшін жіңішке қатты темірден істіктеп жасаған сабы бар құрал.* **2.** ауыс. *Кейбір жәндіктердің шағып-шаншып алатын дене мүшесі.* **3.** ауыс. *Шаншу сөз.*

**Біз мұрын.** *Ұшы біздей, сүйір мұрын.* **Біз тұмсық.** *Басы сүйір, жіңішке етіп тігілген.* **Біз тығып [сұғып] алғандай.** *Селк етті, шошып кетті.*

**БІЗ**[2] есім. **1.** *Жіктеу есімдігінің бірінші жағының көпше түрі.* **2.** экспр. *Жіктеу есімдігінің бірінші жағының сыпайы реңкті жекеше түрі, «мен» дегенді сыпайылай жеткізу.*

**Біздің кісі.** этн. *Ертедегі қазақ дәстүрінде әйелдердің ерлерінің аттарын айтпай, «үй иесі» деп атайтын тыйым сөзі.*

**БІЗБЕЛДІК** зат. өс. **1.** *Қой малы жақсы жейтін құм шөбі.* **2.** <лат. salicornia> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін, кейде бұташық өсімдіктер туысы.*

**БІЗБІЛДІК** зат. *Ұшы қашау тәрізді қайырылған болат біз.*

**БІЗДЕЙ**[1] сын. *Біз сияқты үп-үшкір.*

**БІЗДЕЙ**[2] сын. *Өзіміздей, біз сияқты.*

**БІЗДЕҢДЕ=** ет. *Бізден қағу, сумаңдау, елдің алдына түсу, безектеп сөйлеу.*

**БІЗДЕУ=** ет. *Біздің көмегімен малдың зауық безіне тура пісіп ақтайтын ертедегі дөрекі пішу тәсілі.*

**БІЗДИ=** ет. *Үп-үшкір боп шаншылып тұру.*

**БІЗДИТ=** ет. *Үп-үшкір ету, біздей қадалту.*

**БІЗДИТУ** *Біздит етістігінің қимыл атауы.*

**БІЗДИЮ** *Бізди етістігінің қимыл атауы.*

**БІЗДІК** сын. сөйл. **1.** *Бізге тән, бізге арналған.* **2.** *Біз жағында.*

**БІЗДІҢШЕ** үст. сөйл. ***Бізше.***

**БІЗКЕСТЕ** зат. этн. *Тоқылатын нәрсені керіп ұстау үшін жасалатын құрал.*

**БІЗҚҰЙРЫҚ** зат. зоол. <лат. anas acuta> *Ұзын құйрығы сүйірлеу келген, қаз тәрізділер отрядының үйректер тұқымдасына жататын құс.*

**Бізқұйрық үйрек.** зоол. ***Бізқұйрық.***

**БІЗӨКШЕ** зат. **1.** *Сүп-сүйір, үп-үшкір өкше.* **2.** спорт. *Альпинистердің аяқкиімдерінің табанын қаптаған арнайы біздер.*

**БІЗСІЗ** үст. *Біздің қатысымызсыз.*

**БІЗТҰМСЫҚ**[1] сын. *Бас жағы сүйір, үшкір келген.*

**Бізтұмсық бақа.** зоол. *Бақаның тұмсығы сүйірлене біткен түрі.* **Бізтұмсық қоңыз.** зоол. <лат. curculionidae> *Қатты қанаттылар отрядының қоңыздар тұқымдасына жататын жәндік.* **Бізтұмсық шөже.** зоол. <лат. troglodites troglodites> *Бізтұмсық тұқымдасына жататын, салмағы 8-9 грамм торғай тәрізді кішкентай құс.*

**БІЗТҰМСЫҚ**[2] зат. зоол. <лат. recurvirostra avosetta> *Имек біз тәрізді жіңішке, ұзын тұмсығы жоғары қарай қайқиған, тат реңділер отряды бізтұмсық туысына жататын құс.*

**БІЗШЕ**[1] үст. *Біз құсап, біз сияқтанып, шаншылып.*

**БІЗШЕ**[2] үст. **1.** *Бізге ұқсап, біз сияқты.* **2.** *Біздің ойымызша, біздіңше.*

**БІЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсе жайында хабардар болу.* **2.** *Есіңде болсын (сақта), ұмытпа деген мағынада.* **3.** *-а, -е, -й формалы негізгі етістікке тіркесіп, қолынан келу, дайын болу, істей алу мағынасын білдіреді.* **4.** *Шешімін табу, әдіс-тәсілін меңгеру.* **5.** *Түсіну, ұғыну.* **6.** *Анықтау, айқындау, тергеп-тексеру, көзін жеткізу.* **7.** *Байқау, сезу, аңғару, аңдау.* **8.** *Тану, түстеу.* **9.** *Бағалау, қадірлеу, айыру, ажырату.* **10.** *Таңдау жасау, бір шешімге келу.*

**Білген боғын жесін.** қарап. *Ақылы жеткенін, ойына келгенін істесін (істеп алсын).* **Білгені бір тоғыз, білмегені тоқсан тоғыз.** *Білгенінен білмегені көп.* **Білгенін істеді.** *Қолынан (ойына) келгенін жасады.* **Біле білсе.** *Байқап қараса, жете түсінсе.* **Біле тұра [тұрып].** *Білсе де, білмеген болып, қасақана, жорта.* **Білмейтіні бит астында.** *Білмейтіні жоқ, бәрін біледі.* **Білсе – барымта, білмесе – сырымта.** *Көрсе, білсе кегімді алғаным, көрмесе, білмесе малын сіңіріп кеткенім деген мағынада (барымтаны желеу етіп малын жасырын айдап кету).* **Білсе де, білмесе де...** *Әйтеуір, қалай да.* **Біліп бола ма [болмайды, болмас].** экспр. *Білу мүмкін емес, түсініксіз, ажырату (айыру), түбіне жету қиын.*

**БІЛ** зат. жерг. сөйл. *Піл.*

**БІЛГЕНДІК** зат. **1.** *Мән-жайды түсінгендік, оқығандық, білімділік.* **2.** *Ақылдылық, парасаттылық, тәрбиелелілік.*

**БІЛГЕНСІ=** ет. экспр. *Білген болғансу, білгірсу.*

**БІЛГІЗ=** ет. **1.** *Білдіру, хабардар ету.* **2.** *Байқату, сездіру.* **3.** *Үйрету, игерту, оқыту, меңгерту.*

**БІЛГІЗУ** *Білгіз етістігінің қимыл атауы; оқыту, үйрету.*

**БІЛГІЛІКТІ** сын. *Көпшілікке мәлім, әйгілі, танымал.*

**БІЛГІР** сын. *Көп білетін, өте жетік, білімдар.*

**БІЛГІРЛІК** зат. *Көп нәрсені білетін жетіктік, білімдарлық.*

**БІЛГІРСІ=** ет. жағымсыз. мысқыл. *Білімдар болғансу, білгішсіну.*

**БІЛГІРСІН=** ет. *Білгіш сияқты көріну, білімдарсыну.*

**БІЛГІРСІНУ** *Білгірсін етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛГІШ** сын. **1.** *Әр нәрседен хабары бар, білімді, білгір.* **2.** экспр. жағымсыз. *Бәрін білгенсіп, дандайсыған, менмен.*

**БІЛГІШСІ=** ет. экспр. жағымсыз. мысқыл. *Көп білетіндей боп көріну, білгірсу, білімдарсу.*

**БІЛГІШСІН=** ет. экспр. жағымсыз. мысқыл. *Білімдар болғансу, көп білетіндей боп көрінгісі келу.*

**БІЛГІШСІНУ** *Білгішсін етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛГІШТЕУ** сын. *Өзгемен салыстырғанда көбірек білетін, білгірлеу.*

**БІЛГІШТІК** зат. *Жан-жақты білімділік, білгірлік.*

**БІЛДЕЙ** сын. сөйл. *Бақандай, ірі, үлкен, дардай.*

**БІЛДЕЙ-БІЛДЕЙ** сын. сөйл. *Ірі-ірі, үлкен-үлкен, дап-дардай.*

**БІЛДІК** зат. *Бір затты бекітіп айналдыратын құрал.*

**БІЛДІР=** ет. **1.** *Көрсету, таныту.* **2.** *Сездіру, байқату.*

**БІЛДІРГЕНСІ=** ет. *Білдіргендей сыңай таныту (кейіп білдіру), білдірген болу.*

**БІЛДІРГІШ** зат. сөйл. *Хабар (белгі) беруші.*

**БІЛДІРТ=** ет. *Байқату, көрсету, сездірту.*

**БІЛДІРТПЕЙ** үст. **1.** *Байқатпай, көрсетпей.* **2.** *Білінер-білінбес, әрең-әрең байқалатындай етіп.*

**БІЛДІРТУ** *Білдірт етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛДІРУ** *Білдір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көрсету, сездіру, байқау.* **2.** *Айтып жеткізу, үйрету.*

**БІЛДІРУШІ** сын. *Айтушы, хабарлаушы, жеткізуші.*

**БІЛДІРІЛ=** ет. *Көрсетілу, сездірілу, байқатылу.*

**БІЛДІРІС** зат. сөйл. *Хабар, сәлемдеме.*

**БІЛДІРІС=** ет. *Көрсетісу, сездірісу.*

**БІЛЕ=** ет. **1.** *Жанып, қайрап өткірлеу.* **2.** *Салмақтап сайлап ұстау, кезену.*

**БІЛЕ-БІЛЕ**[1] сын. сөйл. ***Білеу-білеу.***

**БІЛЕ-БІЛЕ**[2] үст. *Қайта-қайта анықтап, айқындап көз жеткізіп.*

**БІЛЕЗІК**[1] зат. **1.** анат. *Білектің қол басына жалғасқан жері.* **2.** *Құс сирағының аяқбау байлайтын жері.*

**БІЛЕЗІК**[2] зат. **1.** зерг. *Әйелдердің білекке сән үшін салатын әшекей бұйымы.* **2.** *Құстың аяғына не мойнына салынған сақина.* **3.** биол. *Мүйіздің, қабыршақтың үстіңгі бетіне көлденеңнен түсетін дөңгелек сызық.* **4.** зерг. этн. *Сал-серілердің аттарының аяқтарына салынатын әшекейлі шығыршық.*

**Білезік нан.** тамақ. *Қайнатылған қамырдан сақина бітімдес түрлі көлемде әзірленген, қалыңдығы 1,5 см-ден аспайтын нан өнімі.*

**БІЛЕЗІКЕЙ** зат. *Бесіктегі баланың қолына салатын білезікше.*

**БІЛЕЗІКҚАП** зат. спорт. *Саусақ, білек буынын орап, жарақаттан қорғайтын білезік тәрізді былғары жабдық.*

**БІЛЕЗІКТЕ=** ет. *Құстардың аяғына шығыршық белгі салу.*

**БІЛЕЗІКТЕЛ=** ет. **1.** *Дөңгелектеу, құрсаулану.* **2.** *Құстардың аяғына шығыршық белгі, сақина салыну.*

**БІЛЕЗІКТЕН=** ет. **1.** *Білезігі болу.* **2.** *Білезік салыну, құрсаулану.*

**БІЛЕЗІКТЕУ** *Білезікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрсарлау, білезік салу.* **2.** *Белгі ретінде аяқтарына шығыршық салу.*

**БІЛЕЗІКТІК** зат. анат. *Қолдың білезік тұсы, білезік салатын жер.*

**БІЛЕЗІКШЕ** үст. *Білезік сияқты, білезікке ұқсап.*

**БІЛЕК**[1] зат. **1.** *Қолдың басы мен шынтақ аралығы.* **2.** ауыс. *Күш, қайрат.*

**Білегіне [қолына, беліне] семсер [найза, қылыш] ілді.** *Жауға сайланды, ел қорғауға дайын болды, жаранды.* **Білегін сыбанды.** *Құлшына, белсене кірісті.* **Білекпен киіз басты.** этн. *Киізді білектеді, киіз дайындады.* **Білек сүйектері.** анат. *Адамда – қолдың, жануарларда – алдыңғы аяқтың еркін қозғалатын бөлімі, ортаңғы бөлігінің қаңқа сүйектері.* **Білек түрді.** а) *Үстіндегі киімнің жеңін білекке дейін түрді.* ә) *Белсене кірісті, ынталанды.* **Білектің күші, найзаның ұшымен.** *Зорлықпен, белден басып, әлімжеттік жасап.*

**БІЛЕК**[2] зат. жерг. кәс. *Шығырдың тегерішінің тіс кіретін тесіктері.*

**БІЛЕКПЕНДЕЙ** сын. *Қолақпандай, білектей жуан, мығым, сойылдай.*

**БІЛЕКТЕ=** ет. этн. кәс. *Киіз басқанда булаудан шыққан киізді әрлі-берлі домалата отырып білектеп басу, нығарлау.*

**БІЛЕКТЕЙ** сын. *Білек сияқты, білек тәрізді, жуан, қалың.*

**БІЛЕКТЕЙ-БІЛЕКТЕЙ** сын. *Жуан-жуан, үлкен-үлкен.*

**БІЛЕКТЕН=** ет. *Білек сыбану, қатулану, күш көрсету.*

**БІЛЕКТЕС=** ет. **1.** *Бірінің білегінен бірі жалғаса ұстасу.* **2.** ауыс. *Күш қосу, қолдау, көмектесу.*

**БІЛЕКТЕСУ** *Білектес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күш қосу.* **2.** спорт. *Бетпе-бет отырған екі қарсыластың шынтақтарын тіреп, алақандасып ұстасып күш сынасу.*

**БІЛЕКТЕУ**[1] зат. спорт. ***Қолкүрес.***

**БІЛЕКТЕУ**[2] *Білекте етістігінің қимыл атауы; киізді білекпен нығарлау.*

**БІЛЕКТІ** сын. *Күші мол, мықты, қарулы.*

**Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.** *Қара күш жеңбейді, ақылды, білігі, ойпікірі кең адам жеңеді.* **Білекті сыбантты.** *Іске құлшынтты, талпынтты.*

**БІЛЕМ**[1] зат. **1.** *Саусақтың ұшы мен біріншi буынының аралығындай мөлшер (тілімдеп кесілген қойдың құйрық майы, ет т.б.).*

**БІЛЕМ**[2] модаль сөз. *Байқаймын, шамасы, солай ғой деймін.*

**БІЛЕМ-БІЛЕМ** зат. *Бір текті емес, сала-сала.*

**БІЛЕМДЕ=** ет. **1.** *Салалап, біртекті етіп кесу.* **2.** *Мығымдап қамтып ұстау.*

**БІЛЕМДЕЙ** сын. *Білем сияқты жұмыр, жуан.*

**БІЛЕМДЕЛ=** ет. *Салаланып, тарамдалып тұру.*

**БІЛЕМДЕН=** ет. *Ерекшеленіп, тарам-тарам болып бөліну.*

**БІЛЕМДЕТ=** ет. *Қапсыра ұстату.*

**БІЛЕМДЕУ** *Білемде етістігінің қимыл атауы.*

**Білемдеу ағашы.** *Жуылған кірді шайқағанда, сыққанда сығымдайтын сабы бар жалпақ қырлы ағаш.*

**БІЛЕМЕ** зат. көне. *Сабы бар, ұзынша қайрақ тас.*

**БІЛЕМСІ=** ет. *Білемін деп есептеу, білгішсіну.*

**БІЛЕМІНДІК: өзім білеміндікке салынды.** *Бәрін өзім білемін деп, басқаны тыңдамады.*

**БІЛЕН=** ет. **1.** *Кезеніп, қолын көтере ұмтылу.* **2.** ауыс. *Жасану, дайындалу.*

**БІЛЕР-БІЛМЕС** сын. *Шала-пұла білетін, бірін біліп, бірін білмейтін.*

**БІЛЕРМЕН** сын. сөйл. *Білгіш, білгір, көп білетін.*

**БІЛЕРМЕНДІК: өзім білермендік.** *Білгішсінушілік, бәрін өзім ғана білем деушілік.*

**БІЛЕРМЕНСІ=** ет. *Білгішсіну, білгірсіну.*

**БІЛЕС=** ет. *Кезенісу, ерегісу.*

**БІЛЕТІНДІК** зат. **1.** *Хабардарлық, меңгергендік.* **2.** *Қабілеттілік, икемділік.*

**БІЛЕТІНІМСІ=** ет. сөйл. *Білетінсу, білгішсіну, білетін адамға ұқсау.*

**БІЛЕУ**[1] зат. көне. *Шалғы, орақ жануға қолайлы, ұшы сүйірлеу, сабы бар жұмыр қайрақ.*

**БІЛЕУ**[2] сын. **1.** *Жуан, жұмыр.* **2.** ауыс. *Мықты, басты, негізгі.*

**БІЛЕУБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. ylemiculter leuciscul> *Тұқы тұқымдасына жататын балық туысы.*

**БІЛЕУ-БІЛЕУ** сын. *Айқыш-ұйқыш адырайып көрініп тұратын.*

**БІЛЕУДЕЙ**[1] сын. **1.** *Жұп-жуан.* **2.** *Күп болып ісінген.*

**Білеудей болды.** *Бадырайып, күптей болып кетті.* **Білеудей [боп]істі.** *Бадырайып, күптей болып кетті.*

**БІЛЕУДЕЙ**[2] сын. сөйл. *Соқталдай, бақандай, еңгезердей.*

**БІЛЕУДЕЙ-БІЛЕУДЕЙ** сын. *Тарам-тарам, сала-сала.*

**БІЛЕУЛЕ=** ет. **1.** *Мығымдап, ыңғайлап ұстау.* **2.** *Сыбану, түру.*

**БІЛЕУЛЕН=** ет. *Сала-сала болу, адыраю.*

**БІЛЕУЛЕНДІР=** ет. *Сала-сала ету, адырайту.*

**БІЛЕУЛЕНУ** *Білеулен етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛЕУЛЕУ** *Білеуле етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛЕУІТ**[1] зат. сөйл. *Қайрақ, қайрақ тас.*

**БІЛЕУІТ**[2] зат. **1.** *Жуандатыла өрілген қамшы.* **2.** *Жуан арқаннан кесіп алып, бекем байлау үшін жасалған ұзындығы бір құлаштай жіп.* // *Жуан, жұмыр, ұзын.*

**БІЛЕУІТ**[3] зат. *Халық аты.*

**БІЛЕУІТТЕЙ** сын. *Білеуіт тәрізді, білеуіт сияқты.*

**БІЛЕШЕК** зат. экспр. *Білгіш, білмейтіні жоқ.*

**БІЛМЕГЕНСІ=** ет. *Ұқпағансып, бейхабар болғансу.*

**БІЛМЕСТІК** зат. **1.** *Білімі жетпегендік, жете түсінбегендік.* **2.** *Байқамай істегендік, ағаттық, қателік.* **3.** *Білмеу, есте сақтамау, дайындықсыз болу.*

**БІЛМІР** сын. *Білмейтіні жоқ, бәрінен хабардар болып жүретін.*

**БІЛТЕ** [ир. فتیله] зат. **1.** *Шамның жанатын жерін майға қосып тұру үшін мақта, матадан ширатылып істелетін тілше.* **2.** көне. *Ертерек кезде мылтықты, зеңбіректі от алдыратын тұтандырғыш зат.* **3.** мед. *Қандай да қуысқа, ойыққа, тесікке салу үшін матадан, мақта-матадан жасалатын тілік, тілше.* **4.** *Сына, қатты тілше.* **5.** тех. *Тас, бетон тесетін бұрғының ұшына салынатын өте қатты қорытпадан жасалған темір тілікше (тілше, болат білте).* **6.** ауыс. *Екінші бір нәрсені өзіне кигізу, іліп алу арқылы ұстап тұратын майшамның білтесіне ұқсас техникалық тетік (тілше).*

**Білте мылтық.** ***Білтелі мылтық.*** **Білте шам.** *Әртүрлі мақта-матадан жасалған білте арқылы жарық беретін шам.*

**БІЛТЕДЕЙ** сын. *Білте сияқты, білте тәрізді.*

**БІЛТЕЛЕ=** ет. **1.** *Білте салу, білте өткізу.* **2.** ауыс. *Қайта жаңғыртып шығару, жалғау, жалғастыру.*

**БІЛТЕЛЕН=** ет. *Білте-білте болып жабысып, ұйысып қалу.*

**БІЛТЕЛЕУ[1]** *Білтеле етістігінің қимыл атауы; ұмыт болған жайды, өкпе-ренішті қайта қозғау.*

**БІЛТЕЛЕУ[2]** сын. *Ұйысыңқыраған.*

**БІЛТЕЛІ** сын. **1.** *Білте өткізілген, білтесі бар.* **2.** *Сәндік үшін жасалған білте тәрізді тілдей қиықшалары бар (нәрсе, киім).*

**Білтелі мылтық.** көне. *Мақта білтемен тұтатылып атылатын, қазақтардың өзі жасаған серіппесіз мылтық.* **Білтелі шам.** ***Білтешам.***

**БІЛТЕТАРТҚЫШ** зат. қолөнер. *Өрнек түсіргіш (салғыш) құрал.*

**БІЛТЕШАМ** зат. *Май құйған құтыға ширатылған мақта, жіңішке мата таспасын салып істелген, жарық түсіретін сықсима.*

**БІЛУ** *Біл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсе жайында білетін, хабардар болу.* **2.** *Әдістәсілмен меңгеру.*

**БІЛУШІ** сын. *Бір нәрсе жайында білетін, хабардар, түсінігі бар. Хабары бар, білетін адам.*

**БІЛУШІЛІК** зат. *Қабілеттілік, бейімділік.*

**БІЛІК[1]** зат. **1.** тех. *Мәшине жасауда мәшине мен механизмдердің айналдыру моментін жеткізуге арналған негізгі бөлшек.* **2.** *Екі доңғалақ арасын қосып тұратын жуан темір не ағаш.* **3.** астр. *Симметрия орталығы немесе белгілі бір дененің ауырлық центрі арқылы өтетін түзу.* **4.** сөйл. *Шамның білтесі.* **5.** жерг. *Үйдің төбесіне салатын арқалық.* **6.** жерг. *Жүк, тоғанақ байлаған арқан түйеге батпас үшін жөкеден, қамыстан тоқылған тоқым іспеттес төсеніш.* **7.** инф. <ағыл. reel, spool> *Басуға арналған қағаз орамы оралатын шарғы.*

**Білік ағаш.** қолөнер. *Кереге, уық қарына бедер түсіретін темір аспап.*

**БІЛІК[2]** зат. **1.** *Адамның жалпы түсінік деңгейі, ой-өресі, санамен аңдарлық түсінік.* **2.** *Бір сала бойынша маманданған кәсіби түсінік, білім.* **3.** *Ақыл, тәрбие, өнеге, әдеп, өре.*

**БІЛІКОМЫРТҚА** зат. анат. <лат. axis> *Жоғары сатылы омыртқалы жануарлардың (бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер) екінші мойын омыртқасы.*

**БІЛІКСІЗ** сын. *Білім, түсініктен құралақан, білімсіз.*

**БІЛІКСІЗДІК** зат. *Кәсіби білімнің төмендігі, білімсіздік.*

**БІЛІКТІ[1]** сын. **1.** *Әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар, білімді.* **2.** *Кәсіби білімі бар.* **3.** *Көпке әйгілі, танымал.* **4.** *Ақылды, тәрбиелі, өнегелі, парасатты.*

**БІЛІКТІ[2]** сын. тех. *Білігі бар, білік орнатылған.*

**Білікті білдек.** *Ұн тартатын қос білікті диірмен.*

**БІЛІКТІЛІК** зат. **1.** *Көп білушілік, білімділік.* **2.** пед. <лат. qualificatio> *Адамның белгілі бір білім жүйесін (кәсіби, т.б.) тәжірибеде пайдалана алу қабілеті.* **3.** пед. *Бір немесе бірнеше кәсіби мамандықты меңгеруге кәсіби мамандығын жетілдіруге байланысты тағайындалатын категориялар мен разрядтар.*

**Біліктілік разряды.** *Заң жүзінде қызметкерлердің, жұмысшының біліктілік дәрежесін айқындайтын көрсеткіш.* **Біліктілік сипатамасы.** *Ұйымдағы түрлі мамандарға қойылатын негізгі міндеттердің, машық пен іскерліктің қысқаша мазмұндамасы.*

**БІЛІКТІРЕК** сын. *Біліктілігі басымдау, көбірек.*

**БІЛІМ** зат. **1.** *Адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының т.б. жиынтығы.* **2.** *Оқу, үйрену арқылы алынатын (келетін) дүниенің қандай да бір қыр-сыры туралы түсінік (таным).* **3.** *Кәсіби біліктілік, мамандыққа қатысты ұғым, деректер жүйесі.* **4.** *Қандай да істі жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерінің жиыны.* **5.** *Белгілі бір сала (мәселе) туралы арнайы мәліметтер жиыны (жүйесі).*

**Білім алды.** *Сауаттанды, оқу оқып, ғылым үйренді, ой-өрісі кеңіді.* **Білім алу.** *Қандай да бір білім беру орындарында мамандықты немесе жалпыға ортақ білім жүйесін меңгеру процесі.* **Білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау.** *Мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптары бойынша білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатымен жүргізілетін нәтижелері бойынша білім туралы құжат (куәлік, аттестат, қызмет куәлігі, диплом) берілетін рәсім.* **Білім базасы.** а) *Студенттердің, оқушылардың меңгерген білім қоры.* ә) *Оқу орындарындағы білім алушылардың білім деңгейі, қоры, оқу құрал-жабдықтары, техникалық-құрал жабдықтары және т.б.* **Білім берді.** *Оқытты, үйретті, ғылым негіздерін үйретті.* **Білім беру.** а) пед. *Тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі.* ә) қоғ.-әлеум. *Қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияттық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі.* **Білім беру әдістемесі.** пед. *Жекелеген білім процесінің тәлімдік әрекетіндегі нақты тәсіл, амалдардың сипатталуы.* **Білім беру бірегейлігі.** пед. *Авторлық бағдарлама бойынша жұмыс істейтін, өз тәлімдік тұжырымдамасы бар әр алуан оқу мекемелерін ортақ жүйеге келтіру, қалыптастыру.* **Білім беру гранты.** қоғ.-әлеум. *Білім алушыларға кәсіптік білімге төлеу үшін тегін берілетін нысаналы ақша сомасы.* **Білім беру несиесі.** әлеум. *Белгілі бір әлеуметтік топтағы тәлімгерлерге, талапкерлерге білім алу үшін берілетін, кейін қайтарылуға тиісті төлемақы.* **Білім берудегі делдалдық.** *Білім беру қызметін іске асырушы мен оны тұтынушыны байланыстыратын іс-әрекет.* **Білім берудегі маркетинг.** *Ұйымдар мен жеке адамдарға білім беру тұрғысында қызмет көрсетудің баға құрылуын анықтау, жоспарлау, ілгерлету және жүзеге асыру процесі.* **Білім берудегі мониторинг.** *Білім беру процесінің қалаған нәтижеге немесе бастапқы ұйымдарға сәйкестігін анықтау мақсатындағы тұрақты бақылау, қадағалау.* **Білім берудегі өктемдік.** <франц. autoritarisme> *Білім алушы мен білім беруші арасындағы қарым-қатынас түрі; білім беру ісінде құрғақ беделге салу, әкімшілік жолмен өктемдік көрсету.* **Білім берудің жалпы қолжетімдігі.** қоғ.-әлеум. *Барлық типтегі оқу мекемелерінің білім алушыларға жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне т.б. айырмашылықтарына қарамастан білім беруіне заң жүзінде толық құқық беру.* **Білім берудің негізгі сипаты.** *Халықтың әралуан топтарының қалаған деңгейде білім алу құқықтарына ешбір нұқсан келтірмейтін және кез келген білімдік сұранысты қанағаттандыра алатын оқу-тәрбие мекемесі жүйесі мен білімдік бағдарламалар құру.* **Білім берудің тиімділігі.** *Қойылған мақсатқа сәйкес өлшем бойынша білім беру қызметінің нәтижесін сипаттайтын бағалау санаты.* **Білім беру жүйесі.** пед. *Мемлекет стандартына сәйкес халыққа берілетін қажетті білімдердің реттелген желісі.* **Білім беру қызметкерлерінің біліктілік категориясы.** *Қызметкердің кәсіптік міндетті орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін нормативті өлшеміне сәйкес тәлімдік және басқарушылық еңбектің кәсіптілік және өнімділік мөлшерін көрсететін біліктілік деңгейі.* **Білім беру мекемесін аттестаттау.** *Білім беру мекемесінің мемлекеттік білім стандартына мазмұн, деңгей және сапасының сәйкес келуін анықтау.* **Білім беру несиесі.** *Білім алуға төлеу үшін берілетін нысаналы несие.* **Білім беру социологиясы.** *Әлеуметтік субъектілер, білім беру жүйесі, оның деңгейлік кіші жүйелері, тиісті институттары мен топтық агенттері қарастырылатын социологияның бір саласы.* **Білім беру технологиясы.** пед. *Оқу процесін жоспарлау, оқушылардан тест алу және білім беру жүйесі ретінде мектеп іс-әрекетін басқару үшін жүйелі тәсіл мен ілеспелі тәжірибелік білім жиынтығын құру.* **Білім беру туралы заң.** *Республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқын қамтамасыз етуге арналған заң.* **Білім беру тұжырымдамалары.** пед. *Әртүрлі оқу орындарындағы базалық оқу пәндерінің мазмұны мен оқылу ұзақтығы туралы көзқарастар жүйесі, білім беру бағдарламаларының мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастырылуын түсінудің белгілі бір әдісі.* **Білім беру ұйымдары.** *Бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің күтімі мен тәрбие алуын қамтамасыз ететін заңды тұлғалар.* **Білім беру ұйымдарының филиалдары.** *Білім беру ұйымының одан тыс жерде орналасқан және білім беру бағдарламаларын толық көлемде іс жүзіне асыратын құрылымдық бөлімі.* **Білім беру философиясы.** пед. *Білімді аксиология, онтология, гносеология, антропология тұрғысында әлеуметтік-мәдени гуманитарлық практиканың ерекше бір саласы деп қарастыратын жалпы теория.* **Білім беру экономикасы.** қоғ.-әлеум. *Рухани өндіріс пен материалдық емес қолданудың шаруашылық тұрғысынан аса маңызды салалары ретіндегі білім беру қызметінің әртүрлі нысандарының ерекшелігін зерттейтін экономикалық теория тарауы; білім беру саласын дамытудың, білім беру саласының мекемелері мен басқару органдарының педагогикалық және шаруашылық қаракетін оңтайландырудың нақты экономикалық проблемаларын талдап-зерттейтін ғылыми пән.* **Білім дариясы.** поэт. *Терең, зердесі мол білік.* **Білім дәнін септі.** поэт. *Ағартушылық істер атқарды, мектептер ашты.* **Білім дәрежесі.** а) *Мектеп, оқу орындарында оқу аяқтау деңгейі.* ә) *Оқу-білім деңгейі.* **Білім деңгейі.** *Оқу, білім алу дәрежесі, біліктілігі.* **Білім деңгейін анықтайтын тест.** *Білім деңгейін тексеру үшін алынатын тест.* **Білімдер базасы.** инф. <ағыл. knowledge base> а) *Белгілі бір пән саласында азамат жинақтаған білімдерді компьютерге ұсынуға (енгізуге) арналған семантикалық модель.* ә) *Кейбір пән саласына жататын білімдер жинағы.* **Білімдердің инженерлік өнері.** инф. <ағыл. knowledge engineering> *Білімдерді ұсыну, оларды актуалды қалып-күйде қолдану және олармен айла-шарғы жасау бойынша зерттеулер жүргізетін информатиканың саласы.* **Білімдерді ұсыну жүйесі.** инф. <ағыл. system of representation of knowledge> *Интелектілік жүйелерде білімдерді сипаттау және сақтау құралдары мен әдістерінің жиынтығы.* **Білімді бекіту.** пед. *Алған білімді тест әдістері, сұрақ-жауап арқылы, шығарма, мазмұндама, реферат*

*жаздыру арқылы т.б. нақтылау, жадқа жазу.* **Білімді ізгілендіру.** пед. *Білім беруде адамды ең жоғары құндылық деп тану, адамның еркіндігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету; оқу-тәрбие процесінде оқушының танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру.* **Білім жетілдіру.** пед. *Білгенін одан ары ұштай түсу, білмегенін толықтыру.* **Білім көлемі.** пед. *Мектептің әр сатысындағы, әр пән бойынша игеруге қажетті білім.* **Білім мазмұны.** пед. *Жас ұрпақтың өркениетті, саламатты қоғамда өмір сүруі үшін оған қажетті ақпарат, деректердің, ұғымдардың ретті, байланысқан желісі.* **Білім туралы құжаттар.** *Білім берудің, біліктіліктің, білім беру мекемесінің аттестациядан өткені туралы берілген, кәсіби білімдік бағдарламалар деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат.* **Білім шарқы.** *Білім көлемі, білім дәрежесі.* **Білімнің дәнін екті.** бейн. *Білім берумен, ағартушылықпен айналысты.* **Білімін көтерді.** *Білімін жетілдірді, біліктілігін арттырды.*

**БІЛІМДАН** зат. *Ғылым-білім нәтижесін, бұрын-соңды ақыл-ой жемісін, тарих сабақтарын өмірге енгізіп, кеңінен, жан-жақты ойластырып, пайдалана білуші.*

**БІЛІМДАР** сын. *Ой-өрісі кең, көп білетін, білгір.*

**БІЛІМДАРЛЫҚ** зат. *Әр нәрсеге жетіктік, ой-өрісі кеңдік, білгірлік.*

**БІЛІМДӘН** зат. жаңа. ***Білімдан.***

**БІЛІМДЕН=** ет. *Оқу, білім алу.*

**БІЛІМДЕНДІР=** ет. *Білім алғызу, білімін толықтыру.*

**БІЛІМДЕНДІРУ** *Білімдендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сауаттандыру, білім алғызу.* **2.** пед. *Қандай да бір мақсатқа бағытталған білім бергізу, білімге баулу.*

**БІЛІМДЕНУ** *Білімден етістігінің қимыл атауы.*

**БІЛІМДІ** сын. **1.** *Көп оқыған, берген білімді санаға түйген. // Білімдар, бір істен немесе ғылым саласынан жан-жақты хабардар, маманданған адамдар.* **2.** *Арнайы білім алған, дипломы бар.* **3.** *Ақылды, көргенді, қылықты, әдепті.* **4.** *Сауатты, көзі ашық.* **5.** *Мәселенің мән-жайынан хабардар, жете түсінетін, жан-жақты. //* контекст. жағымсыз. *Үстірт білімдер иесі, көзге түсу үшін бір істен хабардарлық танытатындар.* **6.** діни. *Иманы кәміл, дін жөнінде танымы терең, арнайы діни білім алған. // Дүниауи білім жүйесін меңгерген, діни білімнен бейхабар адам деген мағынада.*

**Білімді жұрт.** *Мәдениетті, өркениетті халық мағынасында.* **Білімді мыңды жығар.** *Білім көп нәрсеге қолыңды жеткізеді деген мағынада.* **Білімдінің жүзі нұрлы.** *Білімдар, танымы терең, түсінігі кең әрі адамсүйгіш бағытта білім алған адамның мерейі үстем, мәртебесі жоғары деген мағынада.* **Білімдінің сөзі – ем.** *Танымы терең, ақиқат дүниесін жүйелі тани білген адамның сөзі орынды, ақылы пайдалы деген мағынада.*

**БІЛІМДІК**[1] зат. сөйл. ***Білімділік.***

**БІЛІМДІК**[2] сын. *Білімге қатысты, соған тән.*

**Білімдік орта.** пед. *Қандай да бір бағыт, сала бойынша қажетті білімдер жүйесін меңгертуге, қалыптастырып дамытуға қолайлы жағдайлар жасалған ая, кеңістік.*

**БІЛІМДІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Білім алу әрі психология салаларына тән, соларға бірдей қатысты.*

**БІЛІМДІЛІК** зат. **1.** *Білімдарлық, білімге деген құштарлық.* **2.** *Терең білім иесі болушылық, жан-жақты білімдер жүйесін игерушілік.* **3.** *Қандай да бір істің, кәсіптің мамандықтың, шебер иесі болушылық, оны толықтай игерушілік.* **4.** *Көрегендік, білгірлік.*

**Білімділік сайысы.** пед. *Білім алушылар арасында ұйымдастырылған әртүрлі педагогикалық мақсаттарға арналған білімдерін сынау шаралары, білімдері бойынша жарыс.*

**БІЛІМДІ-ӨНЕРЛІ** сын. *Көп нәрседен хабардар әрі бойында өнері бар.*

**БІЛІМДІРЕК** сын. *Білімі жағынан ілгерірек, озығырақ.*

**БІЛІМГЕР** зат. сөйл. *Студент.*

**БІЛІМҚҰМАР** сын. *Білімге құштар.*

**БІЛІМПАЗ** зат. **1.** *Көп оқыған, ойшыл, оқымысты, ғалым.* **2.** *Ғылымның бір саласындағы ғалым, зерттеушілердің жиынтық атауы.* **3.** көне. *Бал ашушы, түс жорушы, көріпкел.*

**БІЛІМПАЗДАН=** ет. экспр. *Көп білгенсіп, оқымысты болғансу.*

**БІЛІМПАЗДЫҚ** зат. *Көп нәрсені жете білетін білімдарлық, білгірлік.*

**БІЛІМ-ПАРАСАТ** зат. *Білім мен ақыл, адамгершілік, ізгілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттердің үйлесімі.*

**БІЛІМСІ=** ет. экспр. мысқыл. *Білгішсіну, көп білетін адамша сөйлеу, өзін білгіш ретінде көрсетуге тырысу.*

**БІЛІМСІЗ** сын. **1.** *Сауаты жоқ, бір нәрсеге бейімдейтін дағды-білімі жоқ, оқымаған. // Оқымаған, сауатсыз адам.* **2.** *Ақылсыз, надан, парасатсыз, рухани дүниесі пәс. // Парасатсыз, рухани дүниесі пәс адам.* **3.** *Ізденіссіз, бейқам, оқусыз.* **4.** діни. *Діни сауатсыз, иманын біліммен кәмілдемеген.* **5.** *Ғылым мен техника жетістігінсіз, арнайы мамандандырылған оқусыз.* **6.** ауыс. *Жабайы, тағы.*

**БІЛІМСІЗДІК** зат. **1.** *Оқыған-тоқығаны жоқтық, білім алмағандық, қараңғылық, сауатсыздық.* **2.** *Ақылсыздық, ойсыздық, надандық.* **3.** пед. *Дөрекі іс-әрекет, мінез көрсетушілік, көргенсіздік.*

**БІЛІМ-ТАНЫМ** зат. *Арнайы және дүниелік білімі, өмірден түйгені.*

**БІЛІН=** ет. **1.** *Байқалу, сезілу.* **2.** *Көріну, айқындалу.* **3.** *Анықталу, белгілі болу.*

**БІЛІНЕР-БІЛІНБЕС** үст. *Сәл ғана, болар-болмас.*

**БІЛІНУ** *Білін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көріну, көрініс беру.* **2.** *Анықталу, айқындалу.*

**БІЛІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Аздап білу, түсініңкіреу, хабардар болу.* **2.** *Аздап сезіну, түйсініңкіреу.*

**БІЛІП-КӨРУ=** ет. *Ақпарат алып хабардар болу және көз жеткізу.*

**БІЛІП-ТАНУ=** ет. *Дүниенің бір нысаны не құбылысы және т. б. туралы ақпарат жинап, тәжірибе қорытып, түйсікке тию.*

**БІЛІС** сын. *Таныс, танымал.*

**БІЛІС=** ет. **1.** *Танысу.* **2.** *Хал сұрасу, хабар алысу.* **3.** *Хабардар болысу, анықтасу.* **4.** *Сезісу, байқасу.*

**БІЛІСКЕР** сын. *Тапбасар, алыстан шалар, қиядағыны көрер.*

**БІЛІСТІК** зат. *Таныстық, бірін-бірі білушілік, араласып тұрушылық.*

**БІЛІСУ** *Біліс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Танысу.* **2.** *Хабардар болысу, анықтау.*

**БІНАЙЫ** сын. *Таза, тума; қол да, көз де тимеген.*

**БІНӘ: бінә болды.** а) *Кезікті, жолықты.* ә) *Пайда болды, жаралды.* б) жерг. *Бітті, дарыды, пайда болды.*

**БІП-БИІК** сын. **1.** *Әжептәуір биік, өте биік.* **2.** *Сып-сидам.*

**БІП-БИЯЗЫ** сын. сөйл. *Аса жұмсақ (жайлы) мінезді, әдепті-ақ, сыпайы-ақ.*

**БІП-БІРДЕЙ** сын. экспр. *Өте ұқсас, бір-бірінен айнымайтын, бір анадан туғандай.*

**БІП-БІТІК** сын. *Қап-қалың, тып-тығыз.*

**БІР**[1] сан. **1.** *Есептік санның ең алғашқысы.* **2.** *Көптің құрамындағы жалғызы.* **3.** *Бір жолы, бір рет.* **4.** діни. *Ешбір серігі жоқ, жалғыз.* **5.** *Жеке, дара тұрған, қарақан.* **6.** мат. *Натурал сандардың ондықтар жүйесінің ең алғашқысы.*

**Бір ағашта қанша бұтақ, біреу-ақ қамшыға сап.** *Көп ішінен екшеліп шығады, сұрыпталып біреуі ғана мықты болады.* **Бір адамдай.** *Ұйымдасқан түрде.* **Бір адамның баласындай.** *Бір үйдің балаларындай тату-тәтті.* **Бір айдам жер.** жерг. *Шамамен алғанда ширек гектар жер.* **Бір аймақтың бар итін үргізді.** окказ. *Тасаланып, жасырын келгені бүкіл жұртқа аян болып қалды, жұртты шулатты.* **Бір айналғанды шыр айналдырады.** *Адам өмірінде, жолында бір сәтсіздік, жамандық басталса, үсті-үстіне болады, көбейеді деген мағынада.* **Бір айналдырса [айналдырғанды] шыр айналдырды.** *Үсті-үстіне кедергілерге кезікті, бірінен соң бірі келген қиыншылықтардан әбігері шықты.* **Бір айналуға келмеді.** *Тез келісті, тез тіл табысты.* **Бір айтқанды екі істеді.** *Бір істі шала жасап, қайта оралды, тиянақсыздық көрсетті.* **Бір айтқан соң [айтқаннан] қайтпады.** *Өз дегенінен таймады, сөзін орындады, уәдесінде тұрды, екі сөйлемеді.* **Бір алқым жіп.** *Бір ұршық жіп, жіптің ұршық басына толуы.* **Бір Алла.** діни. *Жалғыз жаратушы, Хақ Тағала.* **Бір Аллаға иман айтты.** діни. *Алла тағаланың біреу және одан басқа Құдай жоқ екеніне сенетінін сөзбен әрі жүрекпен бекітті.* **Бір Аллаға [Құдайға] сыйынды [жалынды].** *Тек Құдайдан медет сұрады.* **Бір Алла иманын нәсіп қылды.** діни. *Алла тағаланың өзі иманын кәміл қылды, пендесінің иманды болуын бұйырды, жазды.* **Бір алуан.** а) *Біртүрлі, біртектес, біркелкі.* ә) *Айрықша, бөлектеу.* **Бір анадан туғандай.** *Ұқсас, егіз қозыдай; тату-тәтті, ынтымақты.* **Бір арқа.** этн. *Көлемі бір көтеретіндей, шамасы келетіндей, арқасына сыйғанша артылатындай мөлшерді білдіретін халықтық өлшем.* **Бір арнаға құйды.** *Бір жерден шығып тоқайласты, тоғысты.* **Бір арнаға түсті [құйылды, қабысты].** *Тоғысты, түйісті, тоқайласты.* **Бір асқанға бір тосқан [тосқын].** *Ынсап, ұятты ұмытып, асып-тасып кеткен адамды да тоқтатып, тәубесіне түсіретін кез келеді деген мағынада.* **Бір ата, бір анадан.** *Бір туған, ағайынды, әке-шешесі ортақ.* **Бір атадан.** *Ру ішіндегі шағын бір тектен тараған.* **Бір атаның баласы.** *Түптөркіні, шығу тегі бірдей деген мағынада.* **Бір атаның баласындай.** *Ағайынды, туысқан адамдардай тату, ауызбіршілігі жарасқан.* **Бір аттам.** *Өте таяу жер.* **Бір аттам шықпайды.** *Ешқайда бармайды.* **Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде.** а) *Өлім аузында, әл үстінде.* ә) *Кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған.* **Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде.** *Жасы ұлғайған, кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған.* **Бір аяғың онда, бір аяғың мұнда болсын.** сөйл. *Тез барып кел, бар да қайт.* **Бір ашуыңды бер.** *Өкпеңді, ашуыңды маған қи деген мағынада араша түскенде айтылады.* **Бір аяқ асқа алғысыз.** *Жарамсыз, түкке тұрғысыз.* **Бір аяқтай.** *Бір аяққа сыярлық мөлшер.* **Бір әудем жер.** жерг. *Едәуір жер; халық өлшеміндегі дауыс естілмейтін қашықтықтың біреуі болатын аралық.* **Бір әлпеттес.** *Біртектес.* **Бір базар.** *Бір апта, бір жұма.* **Бір бақсылық жыны бар.** *Шатақ, қызба мінезі бар.* **Бір бас, бір тас болды.** *Ауызбірлік сақтады, ұйымдасты.* **Бір басқаны күкірт, бір басқаны тотияйын.** жерг. *Бәлеқор, жалақор адам.* **Бір басы.** *Қарақан басы, бір өзі.* **Бір батпан өтірік.** *Көп өтірік.* **Бір бауыр жер.** *Бауыр жазар, бой жазар жер деген мағынаны білдіретін*

*халықтық өлшем.* **Бір бауыр жіп.** *Ұршық басына толған мөлшердегі жіп.* **Бір бауыр қылды.** *Бірге туған адамдай жақындатты, бастарын қосып, ауызбіршілікке үйретті.* **Бір бәс.** *Бірдей, тепе-тең, шамалас.* **Бір бейілді.** *Ниеттес, тілектес.* **Бір бес күн.** *Аз уақыт, қысқа ғұмыр.* **Бір бетпен.** *Бір қалыпты, сол қалпы.* **Бір биеден ала да, құла да туады.** *Бір әке-шешеден әртүрлі бала туады, біркелкі, бірдей нәрсе (адамдар) жоқ дегенде айтылады.* **Бір болғанмен [болса да] бірегей.** *Аз болса да саз; жалғыз да болса көпке бергісіз.* **Бір болмаса бір.** *Қалай да, түбінде, әйтеуір бір.* **Бір болса.** сөйл. *Бола қалса, болуы мүмкін.* **Бір борандық.** *Бір боранда жұтап қалатындай, шыдайтындай.* **Бір борша ет.** этн. *Бір тамақ пісіруге жарайтын тілімделген кесек ет мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.* **Бір бөлегі.** *Азғана бөлшегі, бір тобы.* **Бір бөлігі.** *Бір ғана бөлегі, біразы.* **Бір бөлек.** а) *Жеке, өзінше.* ә) *Ерекше, айырықша, өзгеше.* **Бір бөлек адам.** *Басқаша, өзгеше адам.* **Бір буда.** а) *Бір тең болып буылған.* ә) *Бір бума.* б) *Бір шоқ (гүл).* **Бір будақ.** *Бір шоғыр, бір шумақ түтін, газ, шаң, бұлт т.б.* **Бір бума.** *Бір топ етіп буылған зат.* **Бір бұл емес.** *Тек осы ғана емес; әлі де, талай рет, үнемі, ылғи.* **Бір бұрау.** сөйл. *Қандай да бұра(ты)лып жатқан, іліп алуға болатын нәрсе.* **Бір білек.** *Келісіп, бірігіп ұйымдасқан.* **Бір білместік өтті.** *Ақымақтық жасалды, ойланбай істелді, байқамай қалды, қателік кетті деген мағынада өкіну, кешірім сұрау мәніндегі сөзқолданыс.* **Бір ғана.** *Жалғыз.* **Бір дегеннен.** *Бірден, басынан-ақ.* **Бір дегенім білеу, екі дегенім егеу, үш дегенім үскі...** этн. фольк. *Балаларға жеңіл түрде сан, санау үйрету үшін айтылатын санамақ.* **Бірден бірге жүгірді.** *Не болса соны сөз етті, өсектеді.* **Бір деп білегіңнен, ер деп етегіңнен ұстағаным.** сөйл. *Бір өзің арқа сүйерім, сенгенім, сүйенішім деп үміт күткенім деген мағынада.* **Бір десе.** сөйл. *Көлемі гектарға тең болатындай егістік жер мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.* **Бір дуан ел.** *Бір округ, аймақ елді қамтитын көлемді білдіретін халықтық өлшем.* **Бір дүркін.** *Бір мезгіл; жиып-теріп бір рет.* **Бірді бірге соқты.** а) *Астан-кестенін шығарды.* ә) *Атыстырып-шабыстырды, араға сөз жүгіртті, шағыстырды, айдап салды.* **Бірді екі етті.** *Ретін тауып, ұқсатты, пайда тапты.* **Бірдің айы.** көне. *Наурыз айы.* **Бірдің кесірі мыңға.** *Бір адамның жауапсыздығынан айналасындағы көп адам зардап шегеді деген мағынада.* **Бір езу.** *Бірмойын, қыңыр.* **Бір елі.** а) *Саусақтың қалыңдығындай.* ә) *Сәл ғана, зәредей.* **Бір елі ажырамады [айырылмады].** *Үнемі бірге жүрді; жұбы жазылмады.* **Бір елі ауызға екі елі қақпақ.** *Іштегі сырға, біреудің сеніп айтқан құпиясын тастай болып, сыртқа шығарма немесе әр сөзіңе ие бол деген мағынада.* **Бір елідей.** *Саусақтың қалыңдығындай.* **Бір елі қалмады.** *Соңынан еріп жүрді, айрылмай, ажырамай қойды.* **Бір емес.** *Бірнеше рет, талай рет; қайта-қайта.* **Бір емес, екі емес.** сөйл. *Қайта-қайта.* **Бір ененің егіз туған төліндей.** *Бір-бірінен айнымайтын, ұқсас.* **Бір ернімен жер тіреп, бір ернімен көк тіреп.** экспр. мысқыл. *Бәрін де жасай алатын, бәрі қолынан келетін, дүниеге ие болып тұрған сияқты мінез көрсеткенде айтылады.* **Бір есебін тапты.** *Лажын жасады, айла істеді.* **Бір есептен.** *Бір жағынан, бір ойдан, бір реттен.* **Бір есік, бір тесік заман.** *Қыспақта болды, зәрулікке ұшыраған кез, кезең деген мағынада.* **Бір есік, бір тесік отыру.** *Ешкіммен араласпау.* **Бір ет, бір май болды.** *Семіз, күйлі (ет) шықты.* **Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды.** *Ауызбірлік көрсетті, ынтымақтық, ұйымшылдық жасады.* **Бір жағынан.** *Оған қоса, сонымен бірге.* **Бір жайлы болды.** *Әрі-сәрі болмай анықталды, шешілді.* **Бір жайлы қылды.** *Бір жағына шығарды, реттеді.* **Бір жақсы жері [бір жақсысы].** *Оңды болғанда, ең тәуірі.* **Бір жақтылық.** *Сыңар жақтылық.* **Бір жаманатты сезгендей.** *Жайсыз хабар келетінін білу.* **Бір жамбас.** *Жамбасы айрықшаланған, бөлектенген жануар не адам.* **Бір жапырақ.** а) *Сәл ғана, болымсыз, азғантай.* ә) *Бір жұлым, көлемі кішкентай.* б) *Зәредей, титтей.* **Бір жапырақ болды.** *Қартайып солды, бойы шөгіп кетті.* **Бір жаратқан.** *Бір Алла, бір жаратушы.* **Бір жарты жер.** *Бір отбасын асырауға жететіндей, шамасы 1 гектардай жердің жартысы.* **Бір жасады [жасап қалды].** *Көңілі көтеріліп, сергіді, жадырады.* **Бір жасап, екі жасап өсті.** *Елеусіз, біртіндеп ер жетті.* **Бір жасап қалды.** *Көңілі көтеріліп, бір сергіп қалды.* **Бір жасты мал.** *Малдың 8-10 айлық төлі.* **Бір жеңнен қол [бір жағадан бас] шығарды.** *Бірікті, ұйымдасты, ауызбірлік жасады.* **Бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарды.** *Бір ауызды болды; бірікті; өзара келісе отырып, тату-тәтті, ұйымшылдықпен әрекет етті.* **Бір жерге жығып кетті.** *Орға итеріп кетті.* **Бір жерден шықты.** *Үндесті, сәйкес келді.* **Бір жетілік.** а) *Бір жеті, бір жұма.* ә) *Бір апта болған.* б) *Көп емес, бір аптаға жететіндей.* **Бір жолғы.** *Бір реткі, бір мәрте.* **Бір жөн.** *Бір басқа, орынды.* **Бір жөні болар.** *Ыңғайы келер, реті түсер.* **Бір жұлып, үш қарап.** *Бәйге атының сақтығы, шөпті талғап жейтіндігі туралы.* **Бір жұма [жұмадай].** *Бір апта, бір жеті.* **Бір жұтым ауа.** *Көлемі бір дем тартқанда жұтатын ауа мөлшеріне сәйкес өлшем.* **Бір жығылып, бір сүрінді.** *Есі шығып қуанды, жығылып-сүрінді.* **Бір жығылып, бір тұрды.** *Аяғын апыл-тапыл басты, жаңа жүре бастады, тәй-тәй басты.* **Бір жылға қоянның терісі де шыдайды.** *Бір жыл көп емес.* **Бір жылғы туған төлдей.** *Жас шамасы бір, түйдей құрдас.* **Бір жылдың төлі.** *Құрдас, замандас.* **Бір жілік [ет].** а) *Бір жылқы етінің он екіден бір немесе бір аяқ еттің үштен бір бөлігі.* ә) *Асуға арналған қойдың бір мүше еті.* **Бір заманда.** а) *Ертеректе, белгісіз бір кезде.* ә) сөйл. *Бір кезде, бір мезетте.* **Бір замат.** *Бір уақытта, бір кезде.* **Бір заматта.** *Бір кезде, әлден уақытта.* **Бір зілзәле басқандай.** *Бір жамандық болғандай.* **Бір иін су.** жерг. кәс. *жарты күндік су мөлшері.* **Бір кәдеге асты.** *Әйтеуір қажетке жарады, бір пайдаға асты, іске асты, бір керегіне жарады.* **Бір кәдеге асырды.** *Әйтеуір бір пайдаға жаратты, бір іске асырды.* **Бір кәлам қата алмады.** *Тіл қата алмады, бірауыз сөз айтуға мұршасы болмады, қатты қиналғанынан сөйлей алмады.* **Бір кез.** сөйл. *Бір уақытта, бір мезгілде.* **Бір кезде [кездері].** а) *Бір уақытта, бір мезетте.* **Бір кезек.** а) *Бір мезгіл, бір уақыт.* ә) *Бірде, бір ретте.* **Бір келе түйе.** этн. *Жылқының үйірі сияқты бір топ, бір қора түйе.* **Бір келер.** *Түбінде оралар, әйтеуір қайтар.* **Бір кеп болған.** *Бір гәп болған.* **Бір кереметі бар.** *Құпия, тылсым сыры бар.* **Бір кесе.** а) *Кесеге құйылған шай, сусын.* ә) этн. *Ұн, май, т.с.с. мөлшер өлшемі,160 грамм.* **Бір кеседей.** *Бір кесеге толы, жетер-жетпес.* **Бір кесек ет.** *Үлкен де емес, кіші де емес, орташа туралған қаракесек ет.* **Бір кеселдің бар екенін ұққан.** *Үлкен бір себеп бар екенін білген.* **Бір кесе шай.** *Шайлану, шайға отырып, қанып ішу.* **Бір кесе шай ішпеді.** сөйл. *Дәм-ауыз тимеді, қонақ қыла алмады.* **Бір кесім жер.** жерг. кәс. *Гектардың сегізден бір бөлігінің ертеректегі атауы.* **Бір кеудеге сыймады.** *Түсінісіп тұра алмады, тіл табыса алмады.* **Бір кеуім.** *Біраз, бір уақыт.* **Бір көзінен қан, бір көзінен жас ақты.** *Қатты қайғырып, жылап-сықтады, зарлады.* **Бір көйлек бұрын тоздырған.** *Жасы үлкен, тәжірибесі мол.* **Бір көрген біліс.** *Бірін-бірі көріп танысқан адам бір-біріне бөтен емес, жаттан жақын деген мағынада.* **Бір көрген біліс, екі көрген таныс.** *Бірер көрген соң бірін-бірі жақсы біліп қалды, жақын болды деген мағынада.* **Бір көрді.** *Көріп қалды, көріп көзайым болды.* **Бір көрмеге.** *Алғаш көзге түскенде, ә дегенде, бір қарағанда.* **Бір көру арман болды.** *Көргісі келді, бір көруге зар болды.* **Бір көруге зар болды.** *Жүздесіп көрісуге, кездесуге ділгір болды, зарықты.* **Бір көруге зар қылды.** *Айырды, көруі мұң болды.* **Бір көрімі.** *Бір қызығы, бір кереметі.* **Бір [көз] көрінім жер.** *Көз жетер, көз ұшындағы қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Бір көш жер.** этн. *Бір қонатын жер; едәуір қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Бір күнгідей болмады.** *Өте шықты, көзді ашып-жұмғандай болды.* **Бір күндей болмады [болған жоқ].** *Әне-міне дегенше тез өтіп кетті.* **Бір күнді екіншісіне итертті.** бейн. *Ілдалдалады, күнелтті, күнін көрді.* **Бір күндік.** а) *Өте аз, тым қысқа; алдамшы, жалған.* ә) *Азғана, шамалы уақыт.* **Бір күндікке.** *Бір күнге, бір күн ішінде.* **Бір күн сау, бір күн ауру.** *Мың құбылған.* **Бір күні.** *Күндердің күнінде, бір уақытта, әйтеуір бір кезде.* **Бір кіндіктен.** *Бірге туған, бір атадан туған.* **Бір кіндікті.** *Бір орталықтан басқарылатын.* **Бір кіріп, бір шықты.** *Бір жерде отыра алмады, мазасызданды, мазасы кетті.* **Бір кісі.** *Біреу, әлдекім.* **Бір кісідей.** а) *Бір адамдай, жан-жақты, жап-жақсы.* ә) *Бәрі бірдей, түгелдей, жұмыла, ұйымшылдықпен.* **Бір кісідей біледі.** *Жеткілікті мөлшерде, жұрт қатарлы біледі, ешкімнен кем білмейді.* **Бір кісідей бар екен.** сөйл. *Сыйлауға тұрарлық азамат деген мағынада.* **Бір кісіден кем істемеді.** *Ешкімнен де олқы атқармады, өзгеден қалыспады.* **Бір кісіден туғандай.** *Бір анадан тарағандай, бір ата-ананың баласындай.* **Бір қабат.** *Бір мәрте, бір рет.* **Бір қадам.** *Алыс емес, қол созым жер, өте жақын жер.* **Бір қадам аттатпады.** *Ілгері жылжытпады, аяқ бастырмады.* **Бір қадам шықпады.** *Алысқа бармады, ұзап кетпеді.* **Бір қазанда қайнады.** *Не болса да бірге болды, бірге көрді.* **Бір қайнауы кем.** *Кемшілігі бар; шала.* **Бір қайнауы ішінде.** а) *Пісуі, қайнауы кем, әлі піспеген, шала піскен (тамақ туралы).* ә) *Толық шешілмеген, аяқталмаған, тиісті дәрежесіне жеткізілмеген (іс, жұмыс, нәтиже және т .б.).* **Бір қайтым жер.** жерг. кәс. *Ширек гектардай жер.* **Бір қайыры болды.** *Жақсылығы, пайдасы тиді.* **Бір қалыпқа салды.** *Жөнге келтірді, реттеді.* **Бір қалыпқа соққандай.** *Бір-бірінен айнымайтын, ұқсас.* **Бір қалыпта.** *Құбылмай, өзгермей бұрынғы күйінде.* **Бір қалыптан танбады.** *Бетінен қайтпады, өзгермеді.* **Бір қамшы тыз етпе.** *Тез басталып, тез басылатын, қысқа қарымды.* **Бір қарқын.** жерг. *Бір уақыт, бір мезгіл.* **Бір қарпу.** *Бір ұру, бір тарту, бір сілку; бір асау.* **Бір қарыс бойы бар.** *Өте аласа, тапал.* **Бір қасық.** *Өте аз, кішкене ғана.* **Бір қасық қаны қалды.** *Соңғы күні, ақырғы демі қалды.* **Бір қасық қанын қиды.** *Жанын аман қалдырды; өлім жазасынан алып қалды.* **Бір қасық қанын тіледі.** *Өлтірмеуін сұрады, шыбындай жанын қиюды өтінді.* **Бір қасық қара су.** *Азғантай ғана құр су, ассыз судың өзі ғана.* **Бір қасық су.** *Азғантай, өте аз мөлшердегі сусын.* **Бір қасық сумен жұтып жіберерлік.** бейн. *Сұлу, үріп ауызға салғандай деген мағынада.* **Бір қатынның айласы [мекері] қырық есекке жүк болар.** *Әйелдің құлығы көп болады, әйел ойлап-ескергенді түгел білу қиын деген мағынада.* **Бір қауызға сыйғызды.** а) *Екі аяғын бір етікке тықты, қыспаққа алды.* ә) бейн. *Әдемі*

*үйлесімділік туралы.* **Бір қауым.** а) *Біраз, біршама, бірсыпыра.* ә) *Бір топ болатындай, бір ел болатындай (жұрт, адам).* **Бір қилы.** *Біртүрлі, ерекше.* **Бір қиыр.** жерг. *Бірсыпыра, бірталай.* **Бір қиыстау.** *Бір бұйірлеу, бұрыстау.* **Бір қойды.** *Періп жіберді, ұрды, соқты.* **Бір қолдан.** *Бәрі бірдей, бір ауыздан, түгел.* **Бір қолды екі ете алмады.** *Мұршасы келмеді, қолы тимеді, қол күші жетіспеді.* **Бір қолтық.** *Мөлшері бір қолтығына сыятындай.* **Бір қолы екеу болып көрінгенде.** *Әбден кедейленіп күйзелген кезде.* **Бір қолы екеу болып көрінді.** *Әбден кедейленіп күйзелді.* **Бір қолын екі еткізді.** *Асықтырды, тызылдатты.* **Бір қолы он болды.** *Бір өзі бірнеше кісінің жұмысын істеді.* **Бір қолын екі ете алмады.** *Қолынан келмеді, амалы болмады, үлгере алмады.* **Бір қоналқа жер.** *Бір күндік қашықтық.* **Бір қора.** а) *Бірталай, көп.* ә) *Қора толғандай.* **Бір қора қой.** *Шамамен 600-700 бас қой.* **Бір қос жер.** жерг. кәс. *Бір гектардай жер.* **Бір қуаныш, бір қауіп.** *Үміт пен күдік аралас, жақсылық пен жамандық қатар жүреді деген мағынада.* **Бір Құдай [Алла] біледі.** *Белгісіз, айту қиын, болжау мүмкін емес.* **Бір Құдайдан иман тіледі.** *Жаратқан Алла тағаладан о дүниелік болғанда күнәларының кешірілуін, рақым, салауат етуін тіледі.* **Бір құлаш.** *Екі қолдың ұзындығындай өлшем.* **Бір құрсақтан тарады.** *Бір анадан туды, өрбіді.* **Бір құшақ.** а) *Екі қол аясына сыятын, құшақ жететін.* ә) *Бірталай, біршама.* **Бір қызартып, бір бозартты.** *Тебірентті, толқытты.* **Бір қызарып, бір бозарды.** *Әртүрлі күйге түсті, жүз құбылды; өңі бұзылды, сұрланды.* **Бір қызығы.** *Таңғаларлығы, ғажабы.* **Бір қымтарға жарамады.** *Түкке тұрмады, ешқандай пайдасы болмады.* **Бір қыңырайса, болмайды.** *Қиқарлығы, қырсығы ұстап, ешкімнің тілін алмай, айтқанынан қайтпайды.* **Бір қырын жүрді.** *Бөлек, оқшау жүрді.* **Бір мәсілік.** этн. *Бір аяқкиім тігуге жететіндей көлемді білдіретін халықтық өлшем.* **Бір мінезбен өтті.** *Бір қалыпты, біртоға мінез көрсетті; бір қалыпта ұстады.* **Бір намаздай сауап.** діни. *Ғибадат етіп оқыған бір намазына Алла тағаланың беретін сыйының көлеміндегі сауап.* **Бір нүктеге [телмірді, қадалды] қарады.** *Көзін бір орыннан алмай ұзақ қарап қалды; терең ойға түсіп, айналасындағыны ұмытып кетті.* **Бір орам.** а) *Бір бума, топ.* ә) *Бір рет шеккендей, бір тартатын.* **Бір орнында тұрды.** *Дамымады, өзгеріске ұшырамады, қозғалыссыз қалды.* **Бір орнында тұрып қалды.** *Сілейіп қалды, тымтырыс қалды.* **Бір отау.** жерг. *Бір кебен, шошақтан гөрі үлкендеу болып үйілген шөп, маяның өлшемі.* **Бір отыз жер.** *Ширек гектар жер.* **Бір ошар.** *Бір қауым, бірсыпыра.* **Бір ошар жан.** *Отбасында бала-шаға көп, үйінде тұратын адам көп.* **Бір өзің деп келдім.** *Өзіңді ғана ойладым, саған ғана сендім деген мағынада.* **Бір өкініштісі.** *Өкінерлік жері, «әттеген-ай» дейтіні.* **Бір өркешті түйе.** зоол. *Нар, нар түйе.* **Бір пара.** *Бір бөлек, бірсыпыра, біраз.* **Бір пенде білмейді.** *Бәрі мақұрым, ешкім білмейді.* **Бір рет.** *Жалғыз рет.* **Бір сабақ жіп.** а) *Инеге өткізетін қысқа жіп.* ә) *Бір жапырақ шүберек, бірқабат киім.* б) *Дүние, бір мысқал мүлік, іліп алар нәрсе, тышқақ лақ.* **Бір сабақ жіп алмайды.** *Еш нәрсеге тимейді, дәнеңе алмайды.* **Бір сабақ жіп түссе.** *Кішкентай, болмашы нәрсені пайда көрушілік туралы.* **Бір сағат.** а) *Шамалы, мардымсыз, жетпейтін, аз уақыт туралы айтылғанда қолданылады.* ә) *Ұзақ, жалықтыратын, бітпейтін уақыт туралы айтылады.* **Бір салғанда мол салды.** *Көп етіп алды деген мағынада айтылады.* **Бір сандық.** *Көп, мол, сандық толатындай.* **Бір сапар.** *Бір жолға, бір рет.* **Бір сарынды.** а) *Сарындас, үйлес.* ә) *Бірқалыпты, біркелкі.* **Бір сарынмен.** *Бірқалыпты, бірсыдырғы.* **Бір себеп.** *Бірден-бір негіз, басты түрткіжайт.* **Бір себептен.** *Біріншіден, бір жағынан.* **Бір сәлем.** этн. *Беташарда қайын жұртының әрбірінің аты аталғаннан кейін келіннің ізетін білдіретін, соларға арналып жасалатын бір мәрте сәлемі.* **Бір сәлемге атын беретін.** бейн. *Аққөңіл, дарқан, кеңпейіл, жомарт, сыйлағанның құлы (адам, халық).* **Бір сәт.** а) *Бір уақыт, бір мезгіл болса да.* ә) *Әйтеуір бір кезде.* б) *Тым қысқа мезет.* **Бір сәттік.** *Қысқа ғана, лезде өте шығатын; өткінші, алдамшы.* **Бір сөзбен тұрды [өлді].** *Сөзінде, ісінде тұрақтылық танытты, уәде, сертін бұзбады, екі сөйлемеді.* **Бір сөзін бір сөзіне қиыстырды.** *Сөзін келістірді, ұйқастырды.* **Бір сөзін он сөз қылды.** *Сөзді көбейтті, қайталап айта берді.* **Бір суыртпақ жіп.** *Ештеңе, дәнеңе, түк.* **Бір сұрақтың басын қылтитты.** *Бір нәрсенің, мәселенің шетін шығарды.* **Бір сығым.** *Ешқандай, мүлде.* **Бір сырлы, сегіз қырлы // Сегіз қырлы, бір сырлы.** *Өнерлі, шебер, қолынан келмейтіні жоқ.* **Бір сілкіп алды.** *Көптен бері үндемей келіп, бір ұрсып алды деген мағынада.* **Бір табақ жер.** жерг. кәс. *Ширек гектардай жер.* **Бір табан.** *Аз да болса, біршама.* **Бір табиға.** жерг. *Ыңғайласқан, бір жерден шығатын.* **Бір тай.** *Бір бума, бір тең (мата).* **Бір тайпа ел.** *Бір қауым жұрт, әжептәуір халық; рулы ел.* **Бір тайпы ел.** *Шоғырланған бір топ ел, бір ауыл.* **Бір тақта жер.** жерг. кәс. *Ширек гектардай жер.* **Бір тал.** а) *Бір түйір.* ә) *Қылтиған, жалғыз.* б) *Ешқандай, мүлде, бірдебір.* **Бір танап жер.** *Гектардың алтыдан бір бөлігі.* **Бір танап жер.** жерг. кәс. *Егін егуге жарарлық жер бөлігі.* **Бір тап жер.** жерг. кәс. *Бір айдам жер.* **Бір тарап.** *Бір жақ.* **Бір тарының қауызына сыйғызды.** *Жан-жақтан тықсырып, қыспаққа алды.* **Бір тасаяқ шай.** жерг. *Елу грамдық шай.* **Бір таяқтың екі басы // Бір жіптің екі ұшы.** *Бір нәрсенің екі шеті, қарама-қарсы жақтары.* **Бір тәуір жері [бір тәуірі].** *Жақсы жері, дұрысы, ұтымды тұсы.* **Бір тері, бір сүйек болып қалды.** жерг. *Қатты ауырып жүдеп кетті.* **Бір тиын бермейді.** *Қолы тар, сараң.* **Бір тиынға тұрмайды.** *Құнсыз, ештеңеге жарамайды, кәдеге аспайды.* **Бір тиынға тұрмайтын.** *Түкке тұрғысыз, ештеңеге жарамайтын.* **Бір тоғыз.** этн. *Тоғыз малдан, матадан, зат не бұйым т.б. түрінде берілетін алым, кәде.* **Бір тойғанын ар қылмады.** *Бір реттік азық үшін ұяттан аттады, ұялмады, қысылмады.* **Бір тойды.** *Қарнын тойдыра ас ішті, ішіп-жеді.* **Бір төбе.** а) *Жеке-дара, бір бөлек, ерекше.* ә) *Көп, мол.* **Бір тұяқ.** *Ұрпақтан, тұқымнан жалғыз.* **Бір түйді.** *Қойып қалды, ұрып өтті.* **Бір түйе бітпей түйе болмас.** *Алдымен бір түйеге ие бола алғанға мал бітеді деген мағынада, барға қанағат деген мәнде.* **Бір түйір.** а) *Титтей, құртақандай.* ә) *Ешқандай, ештеңе, дым да.* **Бір түйір.** жерг. *Жалғыз.* **Бір түндік астында түтін түтетті.** *Бір үйде бірге өмір сүрді.* **Бір тізерлеп отырды.** *Бір аяғын бүгіп, жерге тіреп, бір тізесімен, бір тізесіне отырды.* **Бір уақ.** *Бір сәт, бір мезгіл.* **Бір ұрты май, бір ұрты қан.** а) *Бірін жарылқап жатса, екіншісін тонап жататын залым (адам).* ә) *Жақсы да, жаман да қылығы бар.* **Бір ұртында майы, бір ұртында қаны бар.** *Айла-шарғысы мол, қу, залым.* **Бір ұшы.** *Бір жағы, қыры, саласы.* **Бір үйдің [адамның] баласындай.** *Тату, ауызбіршілігі бар.* **Бір үйлі жан.** *Бір отбасы адамдары.* **Бір үйір.** а) *15–20 шақты бие.* ә) *Бір топ.* **Бір үкіртай ел.** жерг. көне. *Бұрынғы бір болыс көлеміндей ел.* **Бір шайнам.** а) *Бір шайнағаннан артылмайтындай ғана, .бір үзім* ә) *Кішкентай, өте аз.* **Бір шамаға жақындады.** *Біраз өмір сүрді, қартайды, ақсақалдық жасқа келді.* **Бір шаригі кем [кеміс, жетпейді].** сөйл. *Ақылы, есі бүтін емес.* **Бір шоқ.** *Бір топ.* **Бір шоқта жер.** жерг. кәс. *Бір бөлек тұрған жер.* **Бір шүйке.** *Бір уыс, азғантай.* **Бір шыбықпен айдады.** *Айтқанына көндірді, айдағанына жүргізді.* **Бір шыбын көрмейсің.** *Тап-таза, тып-тыныш, жанға жайлы деген мағынада.* **Бір шынашақ жүн.** жерг. *Бір шүйке жүн.* **Бір шынтақтай қисайды.** *Бір шынтағына қисайды, тірелді.* **Бір ыдыспен [ыдыстан].** *Ортақ ыдыспен (ыдыстан), бірнеше адамға бір ыдыспен.* **Бір ысып, бір суыды.** *Бір ыстық, бір суық күй кешті.* **Бір қолды екі ете алмады.** *Мұршасы келмеді, қолы тимеді; күш жетіспеді, адам таппады.* **Бір қолын екі еткізді.** *Тызықтырды, асықтырды.* **Бірі алтын [гауһар, меруерт], бірі күміс [жақұт, маржан].** *Екеуі де жақсы (асыл) деген мағынада.* **Бірі апа, бірі жезде.** *Жақын адамдар деген мағынада.* **Бірі бұлбұл, бірі тоты.** *Екеуі де әдемі, сұлу, теңдес деген мағынада.* **Бірі етек, бірі тонның жағасы.** *Ынтымағы жарасып, бірі ақылшы болып жол бастаса, екіншісі соған көніп, айтқанын істеп, еркін орындады.* **Бірі күн [хор], бірі ай [нұр].** *Екеуі де әдемі, сұлу, теңдес.* **Бірін алалап, бірін құлаламады.** *Бірдей көрді, алаламады.* **Бірін білдірсе де мыңын бүкті.** *Көп жайды жасырды, түгел ақтарып көрсетпеді, сырын түгел айтпады.* **Бірін қалдырмады.** *Бәрін тегіс қамтыды.* **Бірін қоймай [қалдырмай].** *Бәрін түгел.* **Бірін қуантып, бірін қуартты.** *Алалық істеді, әділетсіздік етті.* **Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай.** *Бірінің сөзін бірі сөйледі, бірін-бірі қостады деген мағынада.* **Бірінің етін бірі жеді.** *Қырқысты, тістесті, нәпсісі үшін бірін-бірі қырды.* **Бірінің үстінен бірі жазды.** *Бірін-бірі қаралап, әшкерелеп, бір-біріне шағымданып арыз, хат жазды.* **Бірінен соң бірі.** *Бәрі кезектесе, бірі қалмай, іркес-тіркес, қатарынан.* **Бір іні ішінде.** *Ішіне бүккен арам ойы бар деген мағынада.* **Бірі хан, бірі ханша.** *Бірбіріне лайықты бекзадалар.* **Бірің өліп, бірің қал.** қарғ. *Өлмесең өрем қап, өзара қырылыса берің-дер деген мағынада.*

**БІР**[2] есім. **1.** *Дүдәмал, белгісіз, бейтаныс.* **2.** *Соңында бір, әйтеуір бір.* **3.** *Бірге, бәрі бір.* **4.** *Ешқандай, ешбір.* **5.** сөйл. экспр. *Мүлдем, бірде-бір рет, ешқашан деген мағынаны білдіретін күшейткіш сөз.* **6.** *Белгілі бір.* **7.** *Қайта-қайта.*

**Бір амалы табылар.** *Шешусіз қалмас, қандай да бір шығатын жол болар.* **Бір басқа.** *Өзгеше, өз алдына бөлек.* **Бір бес күн.** *Аз уақыт.* **Бір бөлек.** *Бір басқа, өзгеше, ерекше.* **Бір бітпеді.** *Аяқталмай қойды, таусылмады.* **Бір гәп бар.** *Қандай да бір істің, құбылыстың белгісіз болса да, себебі болатыны, бар екені анық деген мағынада.* **Бір ғажабы.** *Бір қызығы, таңқаларлығы.* **Бір ғаламаты.** *Бір таңқаларлығы.* **Бір ғанибет.** *Қандай (айрықша) тамаша (керемет), жанға жағымды.* **Бір дәуір.** *Бірталай, бірқыдыру, біраз, недәуір.* **Бір де.** *Түк, біреу де, ешбір.* **Бір деген.** *Ең алдыңғы қатарлы, бірінші орындағы, ерекше.* **Бір дем.** *Бір мезгіл, бір уақ, арасында.* **Бір деңгей.** *Бір қатар, бір бөлек, бір жүйе.* **Бірді айтып, бірге кетті.** *Сөзінде пәтуа болмады, әр нені бір айтты, әр ненің басын бір шалды.* **Бірді бірден айырды.** *Ағайын-туысты, дос-жаранды адастырды, ажыратты.* **Бір есебін тапты.** *Лажын жасады, айла істеді.* **Бір есептен.** *Бір жағынан, бір реттен, бір себептен.* **Бір жағынан.** *Сонымен бірге, сонымен қатар.* **Бір жағына шықты.** а) *Тындырды, шешілді, анықталды, реттелді.* ә) *Қолғабыс етті, көмек көрсетті.* **Бір жайлы болу.** *Қалпына келу, жайлану.* **Бір жайлы қылды.** *Шаруаны тәмамдады, бітірді.* **Бір жақ.** *Белгісіз бір тұс.* **Бір жан бетіне келмеді.** *Ешкім қарсы шықпады, сөз*

*қайтармады.* **Бір жасады.** *Жетісіп қалды, мәзмейрам болды, рақаттанды.* **Бір жолы.** сөйл. *Бір күні.* **Бір заманда.** а) *Ежелгі бір уақытта.* ә) *Біраз уақыт өткен соң.* **Бір заматта.** *Әлден уақытта, бір кезде.* **Бір кез.** *Ешқашан, ешқандай (сәт).* **Бір кезде.** а) *Бір уақытта, бір мезгілде.* ә) *Бірдей уақытта, бірге.* **Бір кездерде.** сөйл. *Бұрынғы уақытта, замандарда.* **Бір керім.** сөйл. экспр. кекесін. *Өзінше, әлдеқандай, кербез, тәкаппар.* **Бір күні.** а) *Өтіп кеткен белгісіз күнде, бірде.* ә) *Алдағы белгісіз уақытта, болашақта, бір кезде, әйтеуір бірде.* **Бір қайыры болды.** *Жақсылығы, пайдасы тиді.* **Бір қалт еткенде.** *Қол босай қалған сәтте, реті келе қалғанда, мүмкіндік туғанда.* **Бір қос.** *Бір шама, бірсыпыра, елеулі, әжептәуір.* **Бір қызылдады.** *Жас етке бір тойынды, дәмін татты.* **Бір қырымнан.** *Алыстан, қандай да алыс жерден.* **Бір майдан.** жерг. *Біраз уақыт, біршама мезгіл, бір кезең.* **Бір мезгіл.** *Бір мезет, арасында, бір уақыт.* **Бір мезет.** *Бір уақ, бір сәт, кейде.* **Бір мезетте.** *Бір кезде, бір уақытта.* **Бір минут.** *Азғана уақыт, сәл ғана.* **Бір мысқал.** *Кішкентай, титтей.* **Бір нәрсе өткізіп қойған кісіше.** *Орынсыз міндет я өкпе артып, я болмаса біреудің орынсыз сұрау, қалауы, тіленшектенуіне орай айтылады.* **Бір нәрсе.** *Әлдебір зат, ұғым, бірдеңе.* **Бір орайда.** *Бірде, реті келген бір ыңғайда.* **Бір оралымға келтірмеді.** *Сөзге дес бермеді, қарсы адамды сөйлетпеді.* **Бір пәре.** *Қайсыбір, кейбір.* **Бір пәс.** жерг. *Бір сәт.* **Бір пәсте.** жерг. *Демде, демнің арасында, аз уақытта, көзді ашып-жұмғанша.* **Бір рет.** сөйл. *Бірде.* **Бір сапар.** сөйл. *Бір жолы.* **Бір сәт [сәтте].** а) *Кенет; бір мезет.* ә) *Бір кез, бір уақыт.* **Бір тұстарда.** *Бір кездерде.* **Бір [бір-ақ] тұтам.** *Қып-қысқа, келте.* **Бір тынбады.** *Тыным таппады, демалмады, тоқтамады.* **Бір уақ.** сөйл. *Бір сәт, мезгіл.* **Бір ықылым заман.** *Есте жоқ ерте дәуір.* **Бірі [мірі] кем дүние-ай.** *Қашан да, әйтеуір бір нәрсенің жетпей тұратыны-ай.* **Бірін қалдырмады.** *Бәрін, түгел қамтыды.* **Біріне жетсе, біріне жетпеді.** *Бірінде болса, бірінде болмады.*

**БІР**[3] сын. *Пара-пар, тең, бірдей.*

**Бір бәс [бас].** *Еш айырмасы жоқ, бірдей.*

**БІР**[4] үст. *Аралас-құралас, бірге.*

**Бір туған [туысқан, тұқымдас].** *Тегі бір, бір құрсақтан шыққан.*

**БІР**[5] шыл. *Біресе, бірде тәрізді, бірақ қарама-қарсы мәндегі кезектестікті білдіру үшін қолданылатын көмекші сөз.*

**Бір жығылып, бір тұрды.** *Сүрініп-қабынды, біресе ондай, біресе (бірде) мұндай күйге түсті.* **Бір кіріп, бір шықты.** *Тынышсызданып әбігерленді.*

**БІР**[6] үст. *Тағы да, қайтадан.*

**БІРАДАР** [ир. برادر] зат. көне. **1.** *Тақуа, діндар адам. // Тақуа, діндар, құдайшыл.* **2.** *Құдайшыл, мұсылман қауым деген мағынадағы көпшілікке қарата айтылатын сөз.* **3.** *Достым деген мағынадағы жақын, жақсы таныс адамға қарата айтылатын сөз.*

**БІРАДАРЛЫ: бірадарлы жерінде тұра алмады.** *Сөзінде тұрмады, уәдесін орындамады.*

**БІРАДАРЛЫҚ** зат. *Діндарлық, сопылық.*

**БІРАЗ** үст. **1.** *Көп емес, шамалы, азғана.* **2.** *Бірсыпыра, біршама.* **3.** *Көбі, бірталай.*

**Біраз ғана.** *Біршама.* **Біраздан кейін**. *Азынаулақ уақыт өткен соң.* **Біраздан соң**. *Аз уақыттан кейін.* **Біраз жер**. *Шамалы қашықтық, әжептеуір уақытта жүріп өтуге болатын аралық.* **Біраз жерге апарды**. *Мақтады, мадақтады.* **Біраз жерге апарып тастады**. сөйл. экспр. *Жер-жебіріне жеткізе, қатты сөкті.*

**БІРАЗЫРАҚ** сын. *Аздаған, шамалы.*

**БІРАЙДАМ: бірайдам жер**. *Шамамен алғанда ширек гектар жерді білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРАҚ** шыл. *Алайда, әйтсе де, дегенмен деген мағынадағы көмекші сөз.*

**БІР-АҚ**[1] сан. экспр. *Жалғыз, біреу ғана.*

**Бір-ақ көтерді.** *Қағып салды, сімірді.* **Бір-ақ күнде белі иілді.** *Қайғы-қасіреттен тез қартайып кетті.*

**БІР-АҚ**[2] үст. *Дереу, табан аузында, бірден.*

**БІРАЛҚЫМ: біралқым жіп**. *Ауқымы жұдырықтай боп оралған жіп.*

**БІРАЛУАН** сын. **1.** *Бірқатар, біртектес, біркелкі.* **2.** *Ерекше, өзгеше, әртүрлі.*

**БІРАЛУАНДАС** сын. *Біртекті, бірсарынды, бір-біріне ұқсас.*

**БІРАСЫМ: бірасым ет.** *Бір үйлі жанға бір отырғанда жететін асылған еттің мөлшері.*

**БІРАСЫМДАЙ** сын. *Бір үйлі жанға бір асуға арналған, бір асуға жетерліктей.*

**БІРАТОЛА** үст. сөйл. ***Біржолата.*** *Түпкілікті, мүлде.*

**БІРАТТАМ** сын. **1.** *Жап-жақын, бір-ақ қадам, өте жақын.* **2.** *Кішкентай, шамалы.*

**БІРАТЫМ: біратым насыбай**. *Бір рет атуға келетін насыбай мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**Біратым насыбай құрлы көрмеді.** *Елемеді, ескермеді, мән бермеді.*

**БІРАТЫМДАЙ** сын. *Бір рет атуға жарайтын.*

**БІРАУЫЗ** сын. *Бір сөз.*

**Бірауыз болды**. *Бір шешімге келді, ортақ тоқтам жасасты.* **Бірауыз өлең.** сөйл. *Жұрттың бәрі, екінің бірі білетін өлеңнің бір шумағы; бір, ерекше жағдаятқа сай, бір деммен айтылған, жазылған өлең.* **Бірауыз сөз.** а) *Ешқандай сөз, ешбір сөз.* ә) *Қысқа да нұсқа айтылған сөз.* б) *Ойланбай айтыла салған бос сөз, өсек-аяң.* **Бірауыз сөз айтты**. а) *Сөйледі, тіл қатты, ойын сөзбен жеткізді.* ә) *Жүрек сырын, көңіліне жасырған сезімін сыртқа білдірді.* **Бірауыз сөзге келмеді**. а) *Бірден келісті.* ә) *Ешкімнің айтқанына көнбеді, өз білгенін істеді.* б) *Бір сөз айтпастан кірісті, тіс жармады.* **Бірауыз сөзге татымады [тұрмады].** *Түкке тұрғысыз, қажетке жарамсыз болды.* **Бірауыз сөзді көтере алмады.** *Қандай да бір сөзге бола шамданып, ашуланып қалды.* **Бірауыз сөзін қимау**. жақтырмау. *Көңіл үшін сөз айтпауы.* **Бірауыз тіл [жауап] қатқан жоқ [үндемеді].** *Ләм-мим деген жоқ, жұмған аузын ашпады, үндемеді.*

**БІРАУЫЗДАН** үст. *Бәрінің пікірі бір жерден шыққан, толық, түгелдей пікірлес түрде, бәрінің көзқарасы өзара сәйкес түрде.*

**Бірауыздан дауыс берді.** саяси. ресми. *Жаппай сайлауға қатысты.*

**БІРАУЫЗДЫ** сын. *Бірсөзді, ойлары, пікірлері бірдей, ынтымақшыл, ұйымшыл.*

**Бірауызды болды.** *Алалық шығармады, ынтымағын бұзбады.*

**БІРАУЫЗДЫЛЫҚ** зат. *Ауызбіршілік, бірсөзділік, ұйымшылдық.*

**БІРАУЫҚ** үст. *Бір мезгіл, бір сәт.*

**БІРБАҒЫНЫҢҚЫ: бірбағыныңқы бағдарлама**. инф. <ағыл. one-level subroutine> *Орындалу процесінде басқа бағдарламаға немесе өзіне қатынаса алмайтын тәуелді бағдарлама.*

**БІРБАҒЫТТЫҚ: бірбағыттық тізім**. инф. <ағыл. the unidirectional list> *Әрбір буынында толық бір нұсқағышы бар сызықтық тізім (оған басы мен соңы кірмейді).*

**БІРБАЙЛАР** зат. жерг. *Үш бұрышты кішкентай бас орамал.*

**БІРБАУЫР**[1]**: бірбауыр жер**. *Дауысжетер, бойжазар мөлшеріндегі жер көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРБАУЫР**[2]**: бірбауыр жіп.** жерг. *Ұршық басының толғандағы көлеміндей мөлшердегі жіп.*

**БІРБЕТ** сын. **1.** жағымсыз. *Сыңаржақ, қыңыр, басқамен санаспайтын.* **2.** жағымды. *Бірсөзді, айтқанынан қайтпайтын.*

**БІРБЕТКЕЙ** сын. **1.** *Бұлтақтаусыз, қайсар, батыл, тік мінезді.* **2.** *Біржақты, бірсарынды. // Біржола, толығымен, барынша.*

**Бірбеткей мінез.** *Алған бетінен қайтпайтын табанды, өжет, қайсар мінез.*

**БІРБЕТТІЛІК** зат. *Бірсөзділік, айтқанынан қайтпаушылық.*

**БІРБЛОКТЫ: бірблокты сорғы.** тех. *Тұрқы мен қозғалтқышы тұтастай тіркестіріле орналастырылған сорғы.*

**БІРБІЛЕМ** сын. *Саусақтың ұшы мен бірінші буыны аралығындағы мөлшерді білдіретін халықтық өлшем.*

**БІР-БІР** үст. *Жалғыздан ғана, әрқайсысына біреуден.*

**БІР-БІРДЕН** үст. *Жеке-жекеден, жалғыз-жалғыздан.*

**БІР-БІРЕУДЕН** үст. *Даралап, әрқайсысы жалғыз-жалғыздан.*

**БІР-БІРЛЕП** үст. *Бір-бірден, бірінен соң бірі, біртіндеп.*

**БІР-БІРІ** есім. *Екеуара, өзді-өзі.*

**Бір-біріне сеп болды.** *Біріне-бірі көмектесті, бір-біріне сүйеу болды.*

**БІР-БІРІНДЕП** үст. сөйл. ***Бір-бірлеп.***

**БІРГЕ** үст. *Қатар.*

**Бірге жасады [кешті].** *Қайда жүрсе де тастамады, өзімен бірге болды; қатар өмір сүрді.* **Бірге жылап, бір күлді.** *Бірге қуанып, бірге қайғырды.* **Бірге жіберіп алу.** этн. *Саулы қойды қозысымен бірге түнету, өріске бірге шығару.* **Бірге от жағып, түтін түтетті.** *Отбасын құрды, үйленді, отасты.* **Бірге өсіп, біте қайнады.** *Құлын-тайдай тебісіп қатар жүрді.* **Бірге туған**. *Ата-анасы бір, ағайынды.* **Бірге туған бауыр.** а) *Бір әкеден туған ағайынды адам.* ә) *Мұңдас, сырлас, жақын, айырылмас дос, айнымас серік.* **Бірге туғандай көрді.** *Туғанындай көрді, жақын тартты.* **Бірге тұрып [өсіп], біте қайнап өсті [жүрді].** *Бала кезден бірге жүріп, сырлас болды.*

**БІРГЕ-БІР** үст. сөйл. *Жекпе-жек, бір адамға бір адамнан.*

**БІРҒАУЫМ** сын. *Біраз, біршама.*

**БІРДАУЫСТЫЛЫҚ** зат. муз. *Көпдауысты музыкаға қарсы қойылатын музыкалық құрылымның бір түрі.*

**БІРДӘРЕЖЕЛІ: бірдәрежелі желі**. инф. <ағыл. peer-to-peer network> *Желінің барлық компьютерлері өзінен басқа барлық жұмыс бекеттерінде орналасқан ортақ файлдарға қатынас құра алатын жергілікті есептеу торабы.*

**БІРДЕ**[1] үст. *Бір жолы, бір күні.*

**Бірде болмаса бірде**. *Әйтеуір бір рет, бір жолы болмаса екінші жолы.*

**БІРДЕ**[2] шыл. *Кейде, кей кезде, біресе деген мағынадағы қарсылықты кезектестікті білдіретін көмекші сөз.*

**Бірде бар да, бірде жоқ**. *Бүгін бар, ертең жоқ, тұрақсыз, тұрлаусыз.* **Бірде күліп, бірде жылады.** *Қуаныштан күліп те, жылап та жүрді деген мағынада.* **Бірде қату, бірде тату**. *Біресе дос, біресе араз.* **Бірде олай, бірде былай**. сөйл. экспр. *Аумалы-төкпелі, тұрақсыз, баянсыз.*

**БІРДЕ-БІР** есім. *Ешқандай, ешбір, ешқайсысы.*

**БІРДЕ-БІРЕУ** есім. сөйл. ***Бірде-бір.***

**БІРДЕГЕННЕН** үст. *Салған жерден, сол бойда, бірден.*

**БІРДЕ-ЕКІЛІ** сан. сөйл. ***Бірді-екілі.***

**БІРДЕЙ** үст. **1.** *Артық-кемі жоқ тепе-тең, пара-пар.* **2.** *Қатарынан, бір мезгілде, бірінің үстіне бірі.*

**Бірдей қалақты құйрық жүзбеқанат.** зоол. *Алабұға сияқты балықтардың ашалы келетін құйрық қанаттары.*

**БІРДЕЙЛЕ=** ет. *Тепе-тең ету.*

**БІРДЕЙЛЕН=** ет. *Тепе-тең болу, қатарлану.*

**БІРДЕЙЛЕНУ** *Бірдейлен етістігінің қимыл атауы.*

**БІРДЕЙЛЕС=** ет. *Теңесу, қатар түсісу.*

**БІРДЕЙЛЕСТІР=** ет. *Теңестіру.*

**БІРДЕЙЛЕСТІРУ** *Бірдейлестір етістігінің қимыл атауы.*

**БІРДЕЙЛЕУ** *Бірдейле етістігінің қимыл атауы.*

**БІРДЕЙЛІК** зат. **1.** *Тепе-теңдік, парапарлық.* **2.** *Теңдік, бірдей дәреже, деңгей, халде болушылық.*

**БІРДЕЙШІЛІК** зат. *Бәріне бірдей көзбен қараушылық, алаламаушылық.*

**БІРДЕМЕ** есім. **1.** *Дәлдігі белгісіз, бір нәрсе, бір зат.* **2.** *Қандай да бір түсініксіз сөз.*

**БІРДЕН** үст. **1.** *Салған жерден, тез.* **2.** *Қатарынан, бір мезетте.*

**БІРДЕН-АҚ** үст. экспр. *Салған жерден-ақ, тезінен-ақ.*

**БІРДЕН-БІР** сын. экспр. *Ең басты, нағыз, негізгі.*

**БІРДЕН-БІРГЕ** үст. *Бірте-бірте.*

**Бірден-бірге жүгірді.** *Сөз етті, өсекке таңды.*

**БІРДЕН-ЕКІ** үст. сөйл. *Жайлап-жайлап, бірте-бірте, біртіндеп.*

**БІРДЕҢГЕЙЛІ** сын. *Бір деңгейден тұратын.*

**БІРДЕҢЕ**[1] зат. филос. *Өз ішінде және өзі үшін бар екенін білдіретін, онан әрі анықталмаған әлденені көрсететін объективті идеализм тұжырымдамаларындағы ұғым.*

**БІРДЕҢЕ**[2] есім. сөйл. ***Бірдеме.*** **1.** *Қандай да бір нәрсе, зат.* **2.** *Дерексіз, белгісіз, түсініксіз нәрсе.* **3.** *Қандай да бір түсініксіз, белгісіз, орынсыз сөз, әңгіме.*

**Бірдеңе көрінді.** *Бәлеге ұшырады, жын қақты, жамандыққа душар болды.* **Бірдеңені қиыстырғандай.** *Ебін, жолын тапқан сияқты.* **Бірдеңенің шетін шығарды.** *Бір нәрсе жөнінде бастап айтты, бір нәрсені айтып қоңырсытты, құлаққағыс қылды.*

**БІРДЕҢКЕ** есім. сөйл. ***Бірдеме.***

**БІРДҮЗЕМЕ** зат. жерг. *Шыт матаның бір түрі.*

**БІРДІ-БІРГЕ**: **бірді-бірге соғыстырды.** *Шағыстырды, араға түсті.*

**Бірді-бірге соқты.** а) *Астан-кестеңін шығарды, бытыстырып, шатыстырды.* ә) *Араға сөз жүгіртті, шағыстырды, айдап салды.* б) *Әйтінбүйтіп, ілдалдалады, ептеп-септеп жоқтан бар жасады.*

**БІРДІ-ЕКІЛІ** сан. *Санаулы ғана, азынаулақ; шағын.*

**БІРЕГЕЙ** сын. *Маңдайалды, таңдаулы.*

**БІРЕГЕЙЛЕН=** ет. қоғ.-әлеум. *Өзі текстеспен сәйкестік немесе ұқсастық орнату, сәйкесу.*

**БІРЕГЕЙЛЕНДІР=** ет. қоғ.-әлеум. *Өзі текстеспен ұқсастық немесе сәйкестік орнаттыру, сәйкестендіру.*

**БІРЕГЕЙЛЕНДІРУ** қоғ.-әлеум. *Бірегейлендір етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЕГЕЙЛЕНУ** қоғ.-әлеум. *Бірегейлен етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЕГЕЙЛІК** зат. *Маңдайалдылық, озғандық, өзіндік ерекшелік.*

**БІРЕЗУ** сын. *Бірбет, сыңаржақ, қыңыр.*

**БІРЕЗУЛІК** зат. *Сыңаржақтық, қыңырлық, бірбеткейлік.*

**БІР-ЕКІ** сан. **1.** *Шамамен екі, бір мен екі арасында, сол шамалас.* **2.** *Аздаған, бірлі-жарым, көп емес.*

**Бір-екі ауыз сөз.** *Қысқаша қайырылған хабар, әңгіме.*

**БІР-ЕКІЛЕП** үст. *Ақырын, жайлап, бірлі-жарымдап.*

**БІР-ЕКІЛІ** сан. *Азғана, шамалы.*

**БІРЕН-САРАН** сын. *Жалғыз-жарым, некен-саяқ.*

**БІРЕН-САРАНДАП** үст. *Жалғыз-жарымдап, анда-санда бір.*

**БІРЕР** үст. *Азын-аулақ, шамалы.*

**БІРЕСЕ** шыл. *Бірде, кейде.*

**БІРЕУ**[1] есім. *Белгісіз, бөгде адам.*

**Біреу болмаса біреу**. *Көптің ішінен біреуі.* **Біреуде тынысы кетті.** *Басқаға есесі кетті.* **Біреуден ілгері, біреуден кейін.** *Орташа, ілдалап.* **Біреудің ала жібін аттамады.** *Ешкімге қастық қылмады; біраулын алмады, адал өмір сүрді.* **Біреуге [біреудің үстіне] жүк болмады.** *Салмағын салмады, ауыртпалығын түсірмеді.* **Біреудің атқан оғы**. *Жөн-жосығына қарамай, біреудің шылауында жүрген, дегеніне көнбісті адам туралы айтылады; біреудің [басқаның, өзгенің] қолымен от көседі.* **Біреудің қаңсығы, біреудің таңсығы [біреуге таңсық].** *Өзгенің қолындағыға әуес болушылық.* **Біреудің отына жылынды**. *Біреуге кіріптар болды.* **Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.** *Бір адам келуі үшін екінші адам кетуі, орынды босатуы керек деген мағынада.* **Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді**. *Біреулер барлықтан астамсиды, біреулер жоқтықтан қиналады; әр істің себебі, әркімнің күйі басқа деген мағынада.*

**БІРЕУ**[2] сан. *Жалғыз ұғымын білдіретін жинақтық сан.*

**Біреу болғанмен бірегей**. *Аз болса да саз, жалғыз болса да көпке бергісіз.* **Біреуден екеу, екеуден үшеу болды.** *Уақыт өткен сайын үздіксіз көбейді, арта түсті.* **Біреуі – бір, екеуі – екі.** *Арасын суытпай, кезекпе-кезек.* **Біреуі екеу болды**. *Басына – бас, жанына – жан қосылды, көбейді.* **Біреуінің етін біреу жеді.** *Қырқысты, тістесті, бірін-бірі қырды.* **Біреуі олай, біреуі бұлай.** *Бірі олай, бірі бұлай; бетбетімен, әрқайсысы өзінше.* **Біреуі олай, біреуі бұлай қарады.** сөйл. *Ешкім тыңдамады, елең қылмады.* **Біреуді екеу деген кезі жоқ.** *Ешқашан өтірік айтпады, әділетсіздікке бармады, зиян келтірмеді.*

**БІРЕУДЕЙ** сын. **1.** *Әлдекімдей, бөгде, бөтен адамдай.* **2.** *Жұрт қатарлы, әркімдей-ақ.*

**БІРЕУЛЕП** үст. *Жалғыздан, жекелеп.*

**БІРЕУ-МІРЕУ** есім. сөйл. *Белгісіз бір кісі, бейтаныс әлдекім.*

**БІРЖАҚТЫ** үст. *Сыңаржақ, басқа да жағдайларды ескермей, тек бір жайды ғана ойлап.*

**Біржақты әрекеттестік**. инф. <ағыл. one-way interaction> *Есептеу желілерінде – бір қолданбалы процесс жеткізу амалын, ал екінші процесс – қабылдауды тұрақты жүргізіп отыратын сеанс.* **Біржақты қылды [етті].** *Тындырды; бітірді; бірыңғайлады.* **Біржақты нарық**. экон. *Сатып алушының бағамы ғана немесе сатушының бағамы ғана белгіленген баға болып табылатын нарық.* **Біржақты тығыз кесте.** қолөнер. *Жастық тысына, дастарқанға т.б. өсімдік сабақтарын, гүлін, жапырағын салып кестелеу түрі.*

**БІРЖАҚТЫЛЫҚ** зат. *Сыңаржақтылық.*

**БІРЖАМБАСТА=** ет. **1.** *Бір жамбасына қарай қисайып (ауып) отыру.* **2.** ауыс. *Қыңыр тарту.*

**БІРЖАР** үст. жерг. *Біраз, бірер.*

**Біржар кісі**. жерг. *Бір де бір, ешбір адам.*

**БІРЖАРЫМДАП** үст. сөйл. *Аз-аздап.*

**БІРЖЕР** сын. *Бір отбасын асырауға жететіндей, шамасы 1 гектардай мөлшердегі жер көлемін білдіретін халықтың өлшем.*

**БІРЖОЛА** үст. *Үзілді-кесілді, мүлдем; басы бүтін.*

**БІРЖОЛАТА** үст. сөйл. ***Біржола.***

**БІРЖОЛҒА** үст. **1.** *Бір рет, осы кезге ғана.* **2.** *Осы жолы, осы сәтте.* **3.** *Мүлдем, біржолата.*

**БІРЖОЛҒЫ** сын. *Бір реттік, бір рет берілетін, болатын.*

**Біржолғы алым**. экон. *Нарықтарда және осы мансаптар үшін бөлінген басқа да жерлерде бір жолғы сату үшін талондар немесе уақытша сауда жасау үшін патенттер сатып алғаны үшін төленетін ақы.* **Біржолғы баға.** экон. *Жеке сызбалар бойынша біржолы дайындалатын, өндірісте екі жыл бойы қайталанбайтын және бекітілген көтерме сауда бағасы жоқ, біржолғы тапсырыс бойынша әзірленетін өндірістік-техникалық мақсаттағы өнеркәсіптік өнімнің бағасы.* **Біржолғы төлем**. экон. *Негізгі борыштың бүкіл сомасын қарыз мерзімі біткен бойда өтеу.*

**БІРЖОЛЫ** үст. сөйл. *Бір рет, бір күні.*

**БІРЖҰТЫМ** сын. *Бірұрттам, ауыз толарлық мөлшердегі сұйықтық көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**Біржұтым су.** *Азғантай, кішкене су.*

**БІРЖЫЛДЫҚ** сын. *Мерзімі бір жыл ғана болатын.*

**Біржылдық екпешөптер**. ауылшар. *Мал азығы үшін өсірілетін мәдени өсімдік.* **Біржылдық изен.** өс. <лат. kochia scoparia> *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік түрі.* **Біржылдық өсімдіктер**. бот. *Даму циклі бір вегетациялық кезеңде (5-6 ай) өтетін өсімдіктер.* **Біржылдық шөптер.** бот. *Тұқымнан өсіп шығып бір жыл ғана тұратын шөп түрі.*

**БІРЖЫНЫСТЫЛАР** зат. *Бір жынысқа жататын адамдар.*

**БІРКАМЕРАЛЫ: біркамералы тұндырғы**. тех. *Су жинау алабы мен арнаның эрозиялық әсерінен пайда болатын тасынды тұнба шөгінділерді тұтып қалу үшін пайдаланылатын тұндырғы гимарат.*

**БІРКЕЛКІ** сын. **1.** *Бірдей, бірыңғай келген, ұқсас.* **2.** ауыс. *Салмақты, бірқалыпты.* **3.** ауыс. *Бірыңғай, тұрақты, өзгермейтін.*

**Біркелкі биік лақса**. бот. <лат. echinops fastigiatus> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Біркелкі споралар**. биол. *Спорофит ұнтағында бірдей споралар жетілетін өсімдіктер.* **Біркелкі түйірлік құрылым**. геол. *Сынық және кристалл түйірлерінің ірілігі бірдей не шамалас таужыныстың құрылымы.*

**БІРКЕЛКІЛЕ=** ет. *Тең-тегіс жасау, бірқалыпты ету.*

**БІРКЕЛКІЛЕН=** ет. **1.** *Тегістелу.* **2.** *Бір қалыпқа түсу.*

**БІРКЕЛКІЛЕУ**[1] сын. *Біріне бірі ұқсас келген, біртектілеу.*

**БІРКЕЛКІЛЕУ**[2] *Біркелкіле етістігінің қимыл атауы.*

**БІРКЕЛКІЛІК** зат. *Біртегіс болушылық, бірыңғайлық, бірқалыптылық.*

**Біркелкілік заңы**. биол. *Бірінші ұрпақ тұқымында қарама-қарсы белгілердің біреуінің*

*басым көрінуімен сипатталатын Мендельдің бірінші заңы.*

**БІРКИЕР** зат. *Кейде, оқта-текте киіп шығатын киім.*

**Біркиер киім.** этн. *Қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киім.*

**БІРКӨНЕК** зат. жерг. *Бір адамнан басқаға саудырмайтын сүтті бие.*

**БІРКӨРМЕГЕ** үст. *Алғашқыда, шүу дегенде, ә дегенде.*

**БІРКӨШ** сын. **1.** *Шамасы 10-15 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **2.** ауыс. *Бір жол, бір кезең, бір сәт (рет).*

**Біркөш жер**. *Көштің тоқтамай бір жүріп өтетін жолы, соған тең арақашықтық.*

**БІРКҮНДІК**[1] зат. зоол. <лат. ephemeroptera> *Жәндіктер тобының біркүндіктер отрядының өкілі.*

**БІРКҮНДІК**[2] сын. *Мерзімі бір-ақ күн болатын.*

**Біркүндік мәзір**. тамақ. *Асхана, мейрамхана, кафедегі тағамдар түрі жазылатын, бір күнге арналған, таңертеңгілік, түстік және кешкі ас тағамдарының тізбесі.*

**БІРКҮНДІКТЕР** зат. зоол. <лат. ephemeroptera> *Артқы қанаты алдыңғысынан қысқа, құйрығының ұшында 2-3 тал ұзын құйрық жіпшесі бар жәндіктер табының бір отряды.*

**БІРҚАБАТТЫ** сын. *Бір ғана қабаттан тұратын.*

**Бірқабатты эпителий**. биол. <лат. epithelium simplex> *Негіздік жарғақта (базальды мембрана) орналасқан бір қабат эпителиоциттерден тұратын ұлпа.*

**БІРҚАЗАН** зат. зоол. <лат. pelecanidae> *Ұзын тұмсығының астында қалтасы бар ескекаяқтылар отряды, бірқазандар тұқымдасына жататын ірі су құсы.*

**БІРҚАЙНАТЫМ: бірқайнатым шай**. *Бір шәйнек шай шығаруға жарарлық мөлшердегі шай көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРҚАЛЫПТА** үст. *Бірқалыпты, өзгеріссіз, орнықты.*

**БІРҚАЛЫПТЫ** үст. **1.** *Өзгеріссіз, бірсарынды, орнықты.* **2.** *Үздіксіз, дамылсыз.* **3.** *Тегіс, бірдей, бірдей көлемді.*

**БІРҚАЛЫПСЫЗ** сын. *Бірдей емес, әртүрлі.*

**Бірқалыпсыз қозғалыс**. физ. *Ағынның түрлі қимыл қималары үшін (уақыттың осы сәтінде) жылдамдық эпюрасы әртүрлі болатын сұйықтықтың қозғалысы.*

**БІРҚАНША** есім. жерг. *Бірнеше, бірталай, бірсыпыра.*

**БІРҚАРҚЫН** үст. жерг. *Бір уақыт, бір мезгіл.*

**БІРҚАРЫН** зат. жерг. *Бұзауда болатын ауру.*

**БІРҚАТАР** үст. *Бірсыпыра, бірқыдыру, едәуір.*

**БІРҚИЛЫ** сын. сөйл. *Ерекше бір, өзгеше, біртүрлі.*

**БІРҚОС: бірқос аяң**. жерг. *Біркелкі, бірсыдырғы жүріс.*

**БІРҚҰЛАҚ: бірқұлақ су**. жерг. *Бас арықтан, шелек аузы кіндіктен бір бұрып алып ағызған су көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРҚҰРАЛЫПТАС: бірқұралыптас топтар**. әлеум. *Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша бір жағдайдағы адамдар тобы.*

**БІРҚЫДЫРУ** үст. *Бірсыпыра, біраз; едәуір, бірқатар.*

**Бірқыдыру жер**. *Шаршағанша бір айналып келуге жарайтын мөлшердегі қашықтықты білдіретін халықтық өлшем; біраз, бірталай, едәуір қашықтық.*

**БІРҚЫЛЫ** ес. жерг. *Бірсыпыра, біраз, кейбір.*

**БІРҚЫРҚАР** зат. жерг. кәс. *Күзге таман кеш туған кенже қызы.*

**БІРЛӘН** үст. ескікіт. ***Бірге.***

**БІРЛЕ=** ет. *Жалғыз, серіксіз деп тану.*

**БІРЛЕ: көңілі бірледі**. *Толтырды, орнына келтірді, біржақты болды, біртоға етті.*

**БІРЛЕП** үст. *Біртіндеп, жалғыздап.*

**БІРЛЕС=** ет. *Тізе қосып, бірігіп ұйымдасу.*

**Бірлескен желі**. инф. <ағыл.enterprise network> *Дербес пайдалануда тұрған интержелі.* **Бірлескен кәсіпкерлік**. экон. *Екі немесе бірнеше елдердегі серіктесіктердің өндірістік-шаруашылық қызметінің нысаны.* **Бірлескен кәсіпкерлік аймағы**. экон. *Қабылданған заңнамаға сәйкес әртүрлі нысандағы бірлескен кәсіпкерлік жүзеге асырылатын ұлттық-мемлекеттік аумақтың ауданы.* **Бірлескен қызмет**. экон. *Жай серіктестік келісімшарты негізінде кәсіпкерлік субъектілері арасында пайда болатын қарым-қатынастар.* **Бірлескен меншік**. экон. *Ортақ меншіктің бір түрі, мұнда меншік иелерінің үлестері белгіленбейді.* **Бірлескен шаралар**. әск. *Келісімшарттарының дұрыс орындалуын (сәйкес келуін) басқа жақтың ескеруіне мүмкіндік беру мақсатында бір жақтың қабылдаған шаралары.* **Бірлесіп ату**. әск. *Бөлімшелермен келісе отырып, түрлі атыс құралдарынан қарсыласты ату.* **Бірлесіп бейімделу**. биол. *Біртұтас ағзалардың тіршілік ету процесінде өзара үйлесуін, бірлігін қамтамасыз ететін бейімделушілік.* **Бірлесіп қимылдау жоспары**. әск. *Жауынгерлік міндеттерін орындау кезінде әскерлердің (күштердің) өзара келісілген қимылдау тәртібін анықтайтын басқару құжаты.* **Бірлесіп пайдаланылатын ресурс**. инф. <ағыл. shared resource> *Бірнеше құрылғы немесе бағдарлама пайдаланатын кез келген құрылғы, мәлімет немесе бағдарлама.*

**БІРЛЕСТІК** зат. **1.** *Бірнеше саладағы ұйымның немесе өндіріс мүшелерінің, ұжымның бірігіп, ұйымдасқан түрі.* **2.** экон. *Кәсіпорындардың қызметтерін үйлестіру, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, жалпы мүдделерін тиісті мемлекеттік және басқа да органдарға немесе халықаралық ұйымдарға жеткізу мақсатымен салалық, аймақтық не басқа негізде біріктірілген жүйесі.* **3.** әск. *Бірнеше құрама немесе құрамы аз бірлестіктер, сондай-ақ бөлімдер мен мекемелер енетін әскери құрылым.* **4.** биол. <лат. associatio> *Өсімдіктер жамылғысын жіктеудің негізгі көрсеткіші.*

**БІРЛЕСТІР=** ет. *Біріктіру, басын қосу.*

**БІРЛЕСТІРУ** *Бірлестір етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЛЕСУ** *Бірлес етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЛІ-ЕКІЛІ** сын. сөйл. *Бірлі-жарым, аздаған.*

**БІРЛІ-ЖАРЫМ** сын. *Көп емес, бірен-саран, азын-аулақ.*

**БІРЛІ-ЖАРЫМДЫ** сын. *Болмашы, бірен-саран, азын-аулақ.*

**БІРЛІК** зат. **1.** пед. *Бір санының заттанған атауы, мектеп оқушысына қойылатын ең төмен баға.* **2.** мат. *Оған дейінгі бір таңбалы, бір орындық сандардың жалпы атауы.* **3.** мат. *Натурал сандардың ішіндегі ең кішісі, n=1.* **4.** филос. *Кеңістік пен уақыт жағынан шексіз дүниенің біртұтастығы.* **5.** инф. <ағыл. unit> *Басқа біртипті нысандарды өлшеу үшін қолданылатын нысан.* **6.** терм. *Іштей байланыстылық, табиғи біртұтастық.* **7.** ауыс. *Ынтымақтастық, ауызбіршілік, бірауыздылық.*

**БІРЛІКСІЗ** сын. *Ұйымшылдығы жоқ, ынтымақсыз.*

**БІРЛІКТЕ** үст. сөйл. *Бірге, қатар.*

**БІРЛІКТІ** сын. *Ауызбірлігі күшті, ынтымақты.*

**БІРЛІКШІЛ** сын. *Ынтымақшыл, ұйымшыл.*

**БІРМӘНДІ: бірмәнді функция**. мат. *Функцияның анықталу облысынан аргументтің әрбір мәні үшін тек бір ғана мән қабылдайтын функция.*

**БІРМӘНСІЗДІК** зат. инф. <ағыл. ambiguity, overloading> *Синтаксистік бірліктің мәтіннің тиянақты бөлігіне тәуелді әртүрлі түсіндірілуі.*

**Бірмәнсіздік қатесі.** инф. **<**ағыл. ambiguity error> *Компьютер файл атауындағы әріптердің тек шектелген санын ғана қабылдау себебінен туындайтын қате.*

**БІРМЕ-БІР**[1] зат. *Жекпе-жек.*

**Бірме-бірге келгенде.** *Жекпе-жекке, жеке дара шыққанда (бетпе-бет, бірге-бір).*

**БІРМЕ-БІР**[2] сын. сөйл. *Жалғыз ғана, бірден-бір.*

**БІРМОЙЫН**[1] сын. *Өз дегенінен басқаға көнбейтін қасарыспа, қырсық.*

**БІРМОЙЫН**[2]**: бірмойын жер**. жерг. *Жарты гектар шамасындай жер көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРМҰНША** есім. *Біраз, бірсыпыра, бірталай.*

**БІРМҮШЕ** зат. мат. *Элементар алгебрада қарастырылатын қарапайым алгебралық өрнек; көпмүшенің дербес түрі.*

**БІРМІНЕЗ** сын. *Әрқашан бір қалыптан аспайтын, біртоға.*

**БІРНЕГІЗДІ**: **бірнегізді қышқылдар**. хим. *Құрамында металл атомдарына ауыса алатын бір сутек атомы бар қышқылдар.*

**БІРНЕШЕ** есім. *Бірсыпыра, бірқатар.*

**БІРНЕШЕЛЕ=** ет. сөйл. *Бірнешеу болу, бірсыпыра болу.*

**БІРНЕШЕЛЕН=** ет. сөйл. *Бірсыпыралану.*

**БІРНЕШЕУ** есім. *Жалғыз-жарым емес, бірсыпыра, бірқыдыру.*

**БІРОРЫНДЫ** сын. инф. <ағыл. unary operation> *Бір операндпен орындалатын операцияға тән.*

**БІРОТАЛА** үст. сөйл. ***Біржола.***

**БІРӨКПЕЛІЛЕР** зат. зоол. <лат. monopneumones> *Өкпесі бір өкпе қапшығынан тұратын, бірөкпелілер отряды, цератод тұқымдасына, неоцератод туысына жататын қостынысты балықтардың ең ірісі.*

**БІРӨЛШЕМДІ** сын. жаңа. *Бәріне ортақ, өлшемі бірдей.*

**БІРӨҢКЕЙ** сын. *Шетінен, түгелдей, ылғи біртүрлі, бірқалыпты.*

**БІРӨТПЕЛІ** зат. инф. <лат. one-pass assembler> *Аударғыш алғашқы программаның командалар жинағын мәшинелік кодқа түрлендіретін бағдарлама.*

**БІРРАЗРЯДТЫ: бірразрядты қосындылауыш**. инф. <ағыл. the one-digit adder> *Қосылғыштардың бір разрядты цифрының т модулі мен алдыңғы кіші разрядтың тасымалдау цифрлары бойынша, сондай-ақ келесі үлкен разрядқа тасымалдауды қалыптастыратын қосындыны құруды жасақтайтын қосындылауыш.*

**БІРРАНГІЛІ: біррангілі есептеу желісі**. инф. <ағыл. peerto-peer network> *Барлық тораптары тең құқықты, яғни бөлінген серверлері жоқ компьютер желісі.*

**БІРРЕТТІК: бірреттік жәрдемақы.** *Бір рет берілетін жәрдемақы түрі.*

**БІРРЕТТІЛІК: бірреттілік суармалау.** сушар. *Егістік жерді бір рет суару немесе көлтабанды суару түрі.*

**БІРСАЛАР** зат. жерг. **1.** *Атқа салып мінетін ер, желқом.* **2.** *Қонақтың астына төсейтін кішкентай қалың көрпе.*

**БІРСАЛЫМ** зат. *Бір салуға жететін мөлшер.*

**БІРСАРЫНДЫ** сын. *Бірыңғай, бір үнді.*

**БІРСАРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Бірыңғайлылық, бір үнділік.*

**БІРСАТЫЛЫ: бірсатылы көлтабан**. сушар. *Бөгеттері бір қатарда орналасқан көлтабан жүйесі.*

**БІРСӘРІ** мод. **1.** *Өз алдына, бір жөн, жарайды, мейлі, жеке мәселе.*

**БІРСӨЗДІ** сын. *Екі сөйлемейтін, айтқанында тұратын.*

**БІРСҰҚПАЙ** зат. жерг. *Шәркей.*

**БІРСЫДЫРҒЫ** сын. **1.** *Әжептәуір, біршама.* **2.** *Бірдей, қарайлас, шамалас, біршама.*

**БІРСЫДЫРУ** үст. сөйл. ***Бірқыдыру***.

**БІРСЫПЫРА** үст. *Бірталай, бірқатар, бірқыдыру.*

**БІРСІН-БІРСІН** үст. сөйл. *Бірте-бірте, біртіндеп, ақырындап.*

**БІРСІНДЕП** үст. сөйл. *Бірте-бірте, біртіндеп.*

**БІРТАБАН: біртабан жақын**. а) *Біршама, сәл де болса жақындау.* ә) *Туыстығы, көңіл сыйластығы жағынан жат емес, ағайындас.* **Біртабан бері келді [жақындады].** *Жуықтады, таяды.*

**БІРТАЛАЙ** үст. *Бірсыпыра, біршама көп.*

**БІРТАЛАЙҒЫ** сын. *Көптен бергі.*

**БІРТАЛАЙДАН** үст. *Көптен, бұрыннан, біраз уақыттан бері.*

**БІРТАНАУЛЫЛАР** зат. зоол. <лат. myxiniformes> *Дөңгелек ауыздылар табының отряды.*

**БІРТАПСЫРМАЛЫ**: **біртапсырмалы монитор**. инф. <ағыл. one-task monitor> *Бір мезгілде тапсырманы орындауды жүзеге асыратын микрокомпьютердің операциялық жүйесінің құрамындағы басқарушы бағдарлама.*

**БІРТАРТАР** зат. *Үшкіл келген кішігірім жаулық.*

**БІРТЕ-БІРТЕ** үст. *Ақырын, жайлап, біртіндеп; бара-бара.*

**БІРТЕГІС** сын. *Біркелкі, бірдей, бірдей жайылған.*

**БІРТЕКТЕС** сын. *Тегі жағынан ұқсас, өзара жақын.*

**БІРТЕКТІ** сын. *Біркелкі, бірөңкей.*

**БІРТЕЛЕП** үст. *Біреулеп, біртіндеп, жайлап.*

**БІРТЕСІКТІЛЕР** зат. зоол. <лат. monotermata> *Сүтқоректілер табы, біртесіктілер отрядына жататын төменгі сатыдағы жануарлар.*

**БІРТИЫНДЫҚ** сын. сөйл. *Түкке тұрғысыз, құнсыз.*

**БІРТОҒА** сын. *Бірқалыпты, сабырлы, көп сөйлемейтін, бірмінезді.*

**Біртоға мінез.** *Әрқашан бір қалыптан аспайтын сабырлы мінез.*

**БІРТУАР** сын. *Сирек кездесетін, қайталанбас, айрықша жаратылған.*

**БІРТУҒАН** зат. түйешар. *Будан түйе.*

**БІРТУМА** зат. түйешар. **1.** *Үлек пен айыр інген буданынан туған бірінші ұрпақ, асыл тұқымды түйе.* **2.** жерг. *Ботасы өзіне тартпай туатын қос өркеш інген тумасы.*

**БІРТҰТАМ** сын. **1.** *Бес саусақпен ұстағандағы көлемге шамалас, 4-5 еліге тең ұзындық өлшемі.* **2.** ауыс. *Кішкентай, титтей.* **3.** ауыс. *Тапал, қысқа, аласа.* **4.** *Қып-қысқа, келте.*

**БІРТҰТАС** сын. *Бөлінбейтін, бірімен-бірі байланысты бір бүтінге айналған.*

**Біртұтас мемлекет**. саяси. *Мемлекеттік немесе ұлттық мемлекеттік құрылыстың бір түрі.* **Біртұтас тіл.** *Бір тілде сөйлеуші қауым мүшелеріне бірдей қызмет ететін, бәріне түсінікті ортақ тіл.* **Біртұтас электр энергетикалық жүйе.** тех. *Жоғары және аса жоғары кернеулі электр жеткізу желілерімен біріктірілген электр энергетикалық жүйелердің жиынтығы.*

**БІРТҰТАСТАН=** ет. *Бөлектенбеу, бөлшектенбеу, бір бүтінге айналу.*

**БІРТҰТАСТАНУ** *Біртұтастан етістігінің қимыл атауы.*

**БІРТҰТАСТЫҚ** сын. *Бөлінбегендік, жіктелмегендік, бір бүтіндік.*

**БІРТҮЙІР** сын. **1.** *Ең аз, мейлінше кішкентай көлемді білдіретін халықтық өлшем.* **2.** ауыс. *Ештеме, ешқандай*

**БІРТҮЛЕК** зат. салт. *Бір түлеген, бір жастан екі жасқа шыққан қыран құс.*

**БІРТҮРЛІ** сын. **1.** *Өзіне ғана тән.* **2.** *Өз-өзінен, бір қызық.*

**Біртүрлі күйге түсті.** *Бұрынғыдай емес, түсініксіз халде қалды.*

**БІРТІЛІМ** сын. *Жұқа бір кесім.*

**Біртілім нан**. а) *Бір ғана кесіп алған, бір кесім мөлшеріндей нан көлемін білдіретін халықтық өлшем.* ә) *Талғажау боларлық, жүрек жалғарлық азғантай тамақ, өлместің асы.*

**БІРТІН-БІРТІН** үст. сөйл. *Ақырындап, жайлап.*

**БІРТІНДЕП** үст. **1.** *Бірден емес, ақырын, жайлап, бірте-бірте.* **2.** *Біреулеп, бір-бірлеп, бірінен соң бірі.*

**БІРУЫС** үст. *Бір қолға сиярлық мөлшердегі зат көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**Біруыс болды.** *Кіп-кішкене шүйкедей ғана болып қалды, бүрісті.* **Біруыс қылды**. *Қорқытты, апшысын қуырды, зәресін алды.* **Біруыс топырақ**. стиль. *Ақын бұл жерде өлімді бейнелеп тұр.* **Біруыс топырақ салды**. *Өлген кісіні жерлеуге қатысты.*

**БІРҰРТ** сын. сөйл. *Қыңыр, қырсық.*

**БІРҰРТТАМ** сын. **1.** *Бір ұрттауға келетін сұйықтық мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.* **2.** ауыс. *Кішкентай,азғантай, шамалы.*

**БІРҮЗІМ** сын. *Біркесім, азғантай.*

**Бірүзім нан**. *Біркесім, азғантай, талғажау боларлық мөлшердегі нан.* **Бірүзім нан берді**. *Аштан өлмейтіндей етті, қарайласты, көмектесті.*

**БІРҮЙЛІ: бірүйлі өсімдіктер**. бот. *Аталық және аналық гүлі бір өзінде орналасқан өсімдіктер.*

**БІРШАЙҚАМ: біршайқам май**. *Бір шайқағанда, піскенде алынатын мөлшердегі май көлемін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРШАМА** үст. *Азды-көпті, бірсыпыра, біраз, салыстырмалы түрде едәуір.*

**БІРШӨКІМ** үст. **1.** *Үш саусақтың ұшымен шымшып алғандағы өлшем.* **2.** *Азғантай, кішкене ғана*

**БІРШӨМІШТІ: біршөмішті экскаватор.** кен. *Жұмыс құралы ретінде жалғыз шөміші бар, циклді жұмыс істейтін, жер қазатын, өзі жүретін мәшине.*

**БІРШЫЛДАҚ** зат. жерг. *Түсі жасыл, бойы тізеден асатын, жапырағы жіңішке, тақырға шығатын шөп.*

**БІРШЫМШЫМ** үст. *Екі саусақпен шымшып алуға болатын ұнтақ мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**БІРШІЛІК** зат. сөйл. ***Бірлік***.

**БІРЫҢҒАЙ** үст. **1.** *Түр жағынан өзара ұқсас келген біркелкі, бірдей.* **2.** *Ылғи, тек қана.* **3.** *Өз алдына бір бөлек, бір топ болып.* **4.** *Бір тектес, біртүрлі.* **5.** *Бір жағына.*

**Бірыңғай әкімшілік құжат**. экон. *Еуропалық қоғамдастық елдерінде енгізілген «үшінші елдермен» саудада қабылданған кеден мағлұмдамасы мен тасымал құжаттарының стандарттық нысаны.* **Бірыңғай қазынашылық шот**. экон. *Елдің Ұлттық (Орталық) банкінде аударым операцияларын бір орталықтан жүзеге асыру және олардың күнделікті есебін жүргізу үшін ашылатын шот.* **Бірыңғай қылды**. *Бір ретін тауып, бір жақты етіп тындырды.* **Бірыңғай мүшелер**. лингв. *Сөйлемде бір мүшенің қызметін атқарып, өзара салаласа байланысқан, бір сұраққа жауап беретін сөздер.* **Бірыңғай педагогикалық талаптар**. пед. *Стандартты оқыту жүйесіндегі оқу орындары мен білім алушыларға қойылатын ортақ жалпы ережелер.* **Бірыңғай салалы бұлшық ет**. биол. <лат. musculus visceralis> *Ішкі түтікше мүшелердің, қан және лимфа тамырларының етті қабықтары мен қабаттарын құрайтын бұлшық ет.* **Бірыңғай экономикалық кеңістік**. экон. *Бірнеше мемлекеттің жоғары деңгейдегі экономикалық іс-қимылдар бірлігі мен келісушілігіне қол жеткізілген бірыңғай валюта пайдаланылатын, бірыңғай кеден бажы енгізілген, бірыңғай экономикалық саясаттың негіздері қаланған экономикалық орта.*

**БІРЫҢҒАЙЛА=** ет. *Жөнге келтіріп реттеу, тындыру.*

**БІРЫҢҒАЙЛАН=** ет. *Жөнге келтірілу.*

**БІРЫҢҒАЙЛАНДЫР=** ет. *Бір жағына шығарту, тындырту, ойдағыдай еттіру.*

**БІРЫҢҒАЙЛАНДЫРУ** *Бірыңғайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЫҢҒАЙЛАНУ** *Бірыңғайлан етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЫҢҒАЙЛАС** сын. *Бір-біріне ұқсас, үйлес.*

**БІРЫҢҒАЙЛАУ**[1] сын. *Өз алдына бөлектеу, жекелеу, бір бөлек.*

**БІРЫҢҒАЙЛАУ**[2] *Бірыңғайла етістігінің қимыл атауы.*

**БІРЫҢҒАЙЛЫҚ** зат. *Бірсарындылық.*

**БІРІГУ** *Бірік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ажырамау, жабысу.* **2.** ауыс. *Бір жерге жиналу, күш біріктіру, топтану.*

**БІРІГУШІЛІК** зат. *Ұйымдасушылық, топтасушылық.*

**БІРІЗДЕН=** ет. *Бір ізге түсу, бірдей болу.*

**БІРІЗДЕНУ** *Бірізден етістігінің қимыл атауы.*

**БІРІЗДЕНДІР=** ет. *Бір ізге келтіру, бірдейлендіру.*

**БІРІЗДЕНДІРУ** **1.** *Біріздендір етістігінің қимыл атауы.* **2.** *Унификация.*

**БІРІЗДІЛІК** зат. **1.** *Бірдейлік, жүйелілік.* **2.** *Таптаурындық.* **3.** инф. *Әрекеттердің табиғи тізбектелген ретін бейнелейтін құрылымдық программалау әдісімен алгоритмдер мен программаларды әзірлеуде пайдаланылатын базалық құрылымдардың бірі.*

**БІРІК=** ет. **1.** *Бір-біріне қосылу, араласу.* **2.** *Ниет-тілектердің бір жерден шығуы, бірлесу.* **3.** *Тізе қосу, ұйымдасу.*

**Біріккен жеміс**. бот. *Өсімдіктің бір ғана гүлшоғырынан түзілген жемістердің жиынтығы.* **Біріккен сөз**. лингв. *Екі не одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы жасалып, бір ғана зат не ұғым, құбылыстың атауы болатын, бірге жазылатын сөз.*

**БІРІКТЕЛ=** ет. *Жиналу, реттелу.*

**БІРІКТІР=** ет. *Қосу, топтау, жинау.*

**БІРІКТІРГІШ** сын. *Ұйыстырғыш, басын қосқыш.*

**БІРІКТІРУ** *Біріктір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұмылдыру, топтандыру.* **2.** инф. <ағыл. union> *Алғашқы екі файлдан жаңа бір файлды құрастыру процедурасы; ақпаратты компьютерде саралау процесінің бөлігі.*

**БІРІКТІРУШІ** зат. *Ұйымдастырушы, көшбасы.*

**БІРІКТІРІЛ=** ет. *Қосылу, жинақталу.*

**Біріктірілген борыш.** қаржы. а) *Борышқор мен несиегер арасында заң жүзінде негізделген борыш.* ә) *Ұзақ мерзімді бағалы қағаздар шығару нәтижесінде пайда болатын борыш.*

**БІРІМЕН-БІРІ** үст. *Өзді-өзімен, өзара, өз ішінде.*

**БІРІН-БІРІ** үст. *Бірі екіншісін, өзді-өзін.*

**Бірін-бірі аңду**. *Өзара қырғиқабақ болып, бақталасу.* **Бірін-бірі аңдыды**. *Өзара бақталасты, қалт кеткен осал жерін бетіне басу мақсатымен өзара бақыласты.* **Бірін-бірі аңдысты**. *Өзара бақталасты, араздасты.* **Бірін-бірі аңдысу**. *Өзара бақталасу, жанжалдасу.* **Бірін-бірі көре алмады**. *Іштарлық жасады.* **Бірін-бірі қимады**. *Айырылысқысы келмеді, кете алмады; ажырағысы келмеді.* **Бірін-бірі сатты.** *Алауыз болды, береке-бірлігінен айырылды, ынтымағы бұзылды.* **Бірін-бірі шұқылады.** *Бір-біріне маза бермеді, өзара тырнақ астынан кір іздесті.* **Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай [аузына түкіріп қойғандай].** *Айтқандары бір жерден шықты, бірін-бірі бұлжытпай қайталады.* **Бірінің аузынан бірі түскендей**. *Бір-біріне өте ұқсас, бір ұядан шыққандай.* **Бірінің деміне бірі балқыды.** *Ойы бір жерден шықты, іштей сезінді, ұғысты.* **Бірінің өкшесін бірі басты.** *Бірінің артынан бірі жүрді.*

**БІРІН-БІРІНЕ** үст. *Өзді-өзіне, біреуін екіншісіне, өзара.*

**Бірін-бірі қуалады.** *Бір-бірін қуып ойнады, асыр салды.*

**БІРІНДЕ** үст. *Бірде, бір жолы.*

**БІРІНДЕЙ** сын. *Бірі сияқты.*

**БІРІНДЕП** үст. **1.** *Жалғыз-жарымдап, жекелеп, біртіндеп.* **2.** *Ақырындап, жайлап.*

**БІРІНДІ** сын. этн. *Ернеуінен аса шүпілдеген, толған (қымыз).*

**БІРІНЕ-БІРІ** үст. *Бірі екіншісіне, бір-біріне.*

**БІРІНЕН-БІРІ** үст. *Біреуі екіншісінен, екіншісі үшіншісінен, өзара, өзді-өзінен.*

**Біріннен-бірі өтеді.** *Асып түсті, тең келмеді.*

**БІРІНШІ** сан. **1.** *Реттік сандардың ең әуелгісі, бастапқысы. // Бірінші, алғашқы, бастапқы сынып, курс.* **2.** *Алғашқы, тұңғыш.*

**Бірінші интернационал.** тар. сов. *1864 ж. К.Маркс негізін қалаған, пролетариаттың тарихтағы тұңғыш бұқаралық халықаралық революциялық бірлестігі.* **Бірінші кезекте.** *Алғашқы ретте, алдымен.* **Бірінші кезектегі.** *Ең бірінші, алғашқы, алда тұрған.* **Бірінші космостық жылдамдық.** астрон. *Жердің гравитациялық (тартылыс) өрісінде ғарыш аппараты Жердің жасанды серігі бола алатын минималды жылдамдық (яғни 7,91 км/сек).* **Бірінші соққы**. әск. *Қарсыластың соққы беру мүмкіншіліктерін жою мақсатында оның стратегиялық ядролық күштеріне кенеттен (тұтқиылдан) шабуыл жасау.* **Бірінші текті электродтар.** физ. *Әлеуеттері электрод бетінде электрхимиялық тепе-теңдік орнатуға қатысушы катионның белсенділігімен анықталатын электродтар.* **Бірінші [екінші, үшінші] топ мүгедегі.** *Дәрігерлік сараптама бойынша мүгедектің бірінші (екінші, үшінші) тобына жатқызылған, ерекше жеңілдіктер мен қоғамдық қолдауды қажет ететін әлеуметтік топ өкілі.*

**БІРІНШІДЕН** мод. **1.** *Алдымен, ең әуелі.* **2.** *Белгілі бір мәселенің себебін, дәлелін анықтап, айқындап, санамалап айту үшін қолданылады.*

**БІРІНШІЛІК** зат. **1.** *Алғашқы болушылық, ең әуелгілік.* **2.** *Бірінші орын.* **3.** спорт. *Озық, үздік болу жолындағы жарыс.*

**БІРІНШІРЕТТІК: біріншіреттік дене қуысы**. зоол. *Дененің алғашқы қуысы және кейбір көпжасушалы жануарлардың ішкі ағзалары жататын, олардың денесі мен ішегі арасындағы қуыс.*

**БІРІНІ** сын. сөйл. ***Бірінді.***

**БІРІШЕК: бірішек болды**. *Тамақ ішпейтін, тамақты аз ішетін болды.*

**БІСМІЛДА** од. сөйл. ***Бісмілләә***.

**БІСМІЛЛӘ** [ар. بسم الله] од. діни. *Бір Алланың атымен бастаймын дегенді білдіретін, кез келген істі бастағандағы Аллаға сыйынудың сөзбен бекітілуі.*

**БІСМІЛЛӘСІЗ** сын. діни. *Бір Алласына сыйынбай.*

**БІСІМІЛДЕ** од. сөйл. ***Біссміллә***.

**БІТ=** ет. **1.** *Таусылып қалу, түгесілу, аяқталу.* **2.** *Істің аяқталуы, дайын болу.* **3.** *Қалпына келу, жазылу, емделу.* **4.** *Өніп-өсіп, қалың болып шығу.* **5.** ауыс. *Жаңа, тың қасиет, мінез-құлық қалыптасу, пайда болу.* **6.** ауыс. *Құрсақ көтеру, ішке бала пайда болу.* **7.** *Пайда болу.* **8.** *Жасалу, туу.* **9.** *Жаралу, орнау.* **10.** *Бітімге келу, келісу.* **11.** *Бітеліп қалу.* **12.** *Болды, жетті деген мағынада.* **13.** ауыс. *Күні таяу, құру. // Атаулы, бар, барлық, бәрі.*

**Біте қайнасты**. *Әбден араласты.* **Бітер істің басына, жақсы келер қасына.** *Істің аяқталар шағында, жұрт шаршап қалған кезде келіп, көмектесіп кететін адамның да жолы болғыш, ісі де сәтті аяқталады деген мағынада.* **Бітпес жара.** *Орны толмас қайғы, шер.* **Бітті дей бер.** сөйл. экспр. *Құрыды де.* **Бітіп болмады**. *Іс шешілмеді, сиырқұйымшақтанды, ұзаққа созылды.* **Бітіп тұр.** а) *Толып, сіресіп тұр.* ә) *Қалың боп шығып, қаптап (қаулап), сіресіп, тұтасып тұр.*

**БІТЕ**[1] зат. жерг. *Қара күйе.*

**БІТЕ**[2] зат. зоол. <лат. aphidinea> *Теңқанаттылар отрядына жататын жәндіктер.*

**БІТЕ=** ет. **1.** *Саңылау қалдырмай, тұмшалап жабу, бекіту.* **2.** *Бүркеу, үстін жабу, үстін басу.* **3.** *Тегіс қылып жіберу, толтырып тастау.* **4.** ауыс. *Қарауыл қою, бақылауға алу.* **5.** ауыс. *Көретін көз қалдырмау.*

**Біте қайнады.** *Етене жақын боп, бірге өсті.* **Біте қайнасты.** *Бірге жүріп, бірге тұрып, өзара жымдасып кетті.*

**БІТЕГЕНЕ** үст. сөйл. *Біршама, едәуір.*

**Бітегенеден соң.** *Біраздан кейін, аздан соң.* **Бітегене болмай.** *Ілезде, бірден, көзді ашып-жұмғанша.*

**БІТЕҚАЙНАҚ: бітеқайнақ қоспа.** хим. *Бірдей құрамды газ фазасымен тепе-теңдік болатын қоспа.*

**БІТЕЛ=** ет. *Жабылу, беті тұмшалану.*

**БІТЕЛУ** *Бітел етістігінің қимыл атауы, біту, жабылу, бекітілу.*

**БІТЕМЕ** зат. сушар. <франц. colmage> *Лайлану, тұнбалы немесе ұсақ тозаңды бөлшектердің тау жыныстарының қуыстарын табиғи немесе жасанды жолмен жабуы (толтыруы).*

**БІТЕМЕЛЕУ** зат. кен. *Жерасты қазбаларындағы шегендер мен бүйір және төбе тау жыныстар бетінің арасындағы кеңістікті таспен, құммен немесе тағы басқа материалдармен толтыру процесі.*

**БІТЕНЕ** сын. сөйл. *Кішкене, титтей. // Етене, тығыз, біте қайнаса, тұтаса.*

**БІТЕР-БІТКЕНШЕ** үст. *Соңына дейін, аяқталғанша.*

**БІТЕР-БІТПЕСТЕН** үст. *Аяқталып болмай жатып.*

**БІТЕС=** ет. **1.** *Бірлесіп тегістеу, толтырысу, тығындасу.* **2.** *Бітісу.*

**БІТЕУ**[1] сын. **1.** *Жан-жағы жабық, тұйық.* **2.** *Сынық-кетігі жоқ, бүтін.* **3.** *Тұтас, солайымен.* **4.** ауыс. *Сыр алдырмайтын тұйық, ішін бермейтін.* **5.** *Бекітілген, тығындаулы.*

**Бітеу балық сорпасы**. тамақ. *Жаңа ауланған балықты ішін тазаламай, тұтас күйінде салып пісірген сорпа.* **Бітеу буын.** лингв. *Ортасы дауысты, екі жағы дауыссыз болып келген буын.* **Бітеу жаға [жағалы]**. *Алдыңғы жағы ашық емес, тік жаға.* **Бітеу жара**. мед. <лат. abscessus> а) *Адам ағзасындағы тіндер мен мүшелердің қабыну салдарынан жараның аузы шықпай іріңдейтін жара.* ә) *Іштегі күйік-шер.* **Бітеу кеуде.** *Тоғышар, кеще.* **Бітеу сойды [сойылды]**. а) *Терісін бүтін қалпында сыпырып алды.* ә) *Мақтамен бауыздағандай қылды, тірідей сойды.* **Бітеу тері**. *Бұзылмаған, тұтасқан бүтін тері.*

**БІТЕУ**[2] *Біте етістігінің қимыл атауы; жабу, бекіту.*

**БІТЕУ**[3] зат. *Бөгет, тығын, тосқауыл.*

**БІТЕУБАС** сын. **1.** *Кеспей тұтас пішілген.* **2.** ауыс. *Ештеңені түсінгісі келмейтін, топас.*

**БІТЕУГҮЛ** зат. *Ашылмаған гүл, бүтон.*

**БІТЕУДЕЙ** үст. *Бөліп-жармай, бүтін күйінде.*

**БІТЕУЛЕ=** ет. **1.** *Саңылау қалдырмай қымтап, тұмшалап жабу.* **2.** *Белгі, із қалдырмай тегістеп тастау.*

**БІТЕУЛЕН=** ет. *Үн-түнсіз іштей іркілу, тұйықталу.*

**БІТЕУЛІК** зат. *Тұйықтық, беті қалыңдық, топастық.*

**БІТЕУМҮЙІЗДІЛЕР** зат. зоол. *Бұғы тұқымдасына жататын жануарлардың топтық атауы.*

**БІТИ=** ет. экспр. *Сығыраю.*

**БІТЕУӨЗЕК** зат. зоол. <грек. atresia> *Іштегі төлдер дамуындағы ауытқулардың салдарынан олардың денелеріндегі табиғи тесіктердің болмауы.*

**БІТИЮ** *Біти етістігінің қимыл атауы.*

**БІТКЕР=** ет. *Бітіру, аяқтау.*

**БІТКІЗ=** ет. *Аяқтату, жеткізу.*

**БІТПЕС** зат. этн. сөйл. *Ою салған киіз, текемет.*

**БІТУ** *Біт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аяқталу, тәмамдалу.* **2.** *Жаралу.*

**БІТУА** [ар. فتوى] зат. тар. *Араша, ара ағайындық.*

**БІТУАЖА** [ар. فتوى] зат. *Аралық дәнекер.*

**БІТУАЖАШЫ** зат. тар. *Келістіруші, ара ағайын, бітім жасаттырушы.*

**БІТУАНА** [ар. فتوى] зат. *Тиянақты келісім, шарт.*

**БІТУАНАЛЫ** сын. *Тиянақты, келісімді.*

**БІТУӘЖЕ** зат. сөйл. ***Бітуажа***.

**БІТУЛІ** сын. *Дайын болған, әзір.*

**Бітулі киім**. *Дайын, даяр, тігулі киім-кешек.*

**БІТІК**[1] сын. **1.** *Қалың, жиі өскен, тығыз.* **2.** ауыс. *Денесі тығыршықтай.*

**Бітік егін.** *Көп өнім беретіндей, қалың өскен егін.* **Бітік көз**. *Сығырайған қысық көз.*

**БІТІК**[2] зат. көне. *Жазба, кітап.*

**БІТІК**[3] зат. көне. *Орта ғасырлардағы түркітектес халықтарды билеген хандардың өзге мемлекет басшыларына жолдаған хаттары; мемлекеттік ресми актілердің бір түрі.*

**БІТІКТЕУ** сын. **1.** *Жиілеу, қалыңдау.* **2.** *Сығырайған, қысықтау.*

**БІТІКТІК** зат. *Қалыңдық, тығыздық.*

**БІТІКШЕЛЕУ** сын. ***Бітіктеу.***

**БІТІКШІ**[1] зат. көне. *Бедерлеп кітап жазушы, тасқа ойып жазушы шебер.*

**БІТІКШІ**[2] зат. көне. *Орталық Азияның ортағасырлық мемлекеттеріндегі хатшы, көшірмеші сияқты іс жүргізуші адамның лауазымы.*

**БІТІЛ=** ет. сөйл. *Аяқталу.*

**БІТІМ**[1] зат. **1.** *Екі араздасушы жақты татуластыратын белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам.* **2.** *Дәстүрлі құқықтық мәдениетте сот билігі арқылы дауласушы не арыздасушы жақтарды жұрт алдында келістіріп, ымыраға келтіру.* **3.** ресми. дипл. *Халықаралық қатынастарда соғысушы жақтардың өзара келісім арқылы барлық майданда немесе майданның белгілі бір учаскесінде уақытша соғыс қимылдарын тоқтатуы.*

**Бітім айтты**. *Мәмілеге келтірді, келісім айтты.* **Бітімге келді**. а) *Бейбіт келісімге келді, араздық, соғыс т.б. тоқтатуға шарттасты.* ә) *Райынан қайтты, басылды.* **Бітім жасады [қылды].** а) *Татуласты, ауызбіршілікте болуға келісті.* ә) *Келісімге келіп, мәмілеге тоқтап, ол туралы келісім қағазға қол қойды.* **Бітім сұрады [тіледі].** *Кешірім, сауға сұрады.* **Бітім тапты**. *Дау шешілді, келісім екі жақтың көңілдерінен шықты, тынышталды.* **Бітімінен қайтпады.** *Белгілі бір келісімін бұзбады, уәдеде тұрды.*

**БІТІМ**[2] зат. **1.** *Дене пішіні, тұрпаты, жаратылысы.* **2.** *Егіннің, шөптің өніп-өсіп шығуы.* **3.** ауыс. *Кескін, кейіп, бейне.* **4.** *Тұрпат, форма.* **5.** геол. *Таужыныстарды құрайтын бөлшектердің орналасу бағытынан, бір-бірімен арақатынасынан және таралу ерекшеліктерінен туындайтын олардың құрылыс сипаты.*

**Бітімге келтіру.** *Жарастыру, бітістіру.* **Бітімі бөлек**. таңдану. *Жаратылысы өзгеше.*

**БІТІМ-БОЛМЫС** зат. *Тұрпаты мен жаратылысы, сырт пішіні мен ішкі дүниесі.*

**БІТІМ-БІРЛІК** зат. *Бітім мен татулық, келісім мен ауызбіршілік.*

**БІТІМГЕР** зат. дипл. <франц. parler> *Соғысушылардың бір жағы екінші жақпен келіссөз жүргізуге өкілеттік берген ресми тұлға.*

**БІТІМГЕРЛІК** зат. дипл. *Бітім жасаттырушылық, бітімгершілік.*

**БІТІМГЕРШІ** зат. дипл. *Бітім жасаттырушы жақ, соның өкілі немесе қарулы күштері.*

**БІТІМГЕРШІЛІК** зат. дипл. *Қоғамдағы, мемлекет арасындағы дау-жанжалдарды тоқтатып, бейбіт тұрмыс құруды көздейтін әрекет.*

**Бітімгершілік батальоны**. әск. *Бітімгершілік операцияларына қатысу үшін жасақталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің контингенті.* **Бітімгершілік келісім**. экон. *Төлеу мерзімін ұзарту, бөліп төлеу, жеңілдік туралы борышқор мен несиегер арасында жасалатын шарт нысанындағы сотқа дейінгі келісім немесе талаптарды заңдарға қайшы келмейтін өзге тәсілмен қанағаттандыру.*

**БІТІМДЕН: балуан бітімденді.** *Ірілене түсті, тұлғаланды.*

**БІТІМДЕС** сын. *Пішін, құрылымы жағынан шамалас, ұқсас.*

**БІТІМДЕС=** ет. *Бітістіру, дәнекер сөз айтып, бәтуаға келтіру.*

**БІТІМДЕСТІР=** ет. *Бітім жасаттыру, мәмілеге келтірту.*

**БІТІМДЕСТІРУ** *Бітімдестір етістігінің қимыл атауы.*

**БІТІМДІ** сын. **1.** *Тұлғалы, денелі.* **2.** *Жақсы өніп-өскен, бітік.*

**БІТІМДІК: бітімдік талдау**. геол. *Шөгінді (тұнба) таужыныстар мен олардың бірлестіктерінің бітім ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу әдісі.*

**БІТІМ-КЕСКІН** зат. *Жаратылыс пен түр (бет-әлпет).*

**БІТІМ-ПІШІН** зат. *Жаратылыс пен дене (тұлға, тұрық).*

**БІТІМСІЗ**[1] сын. *Ұсқынсыз, пішіні келіссіз.*

**БІТІМСІЗ**[2] сын. *Келісімге келмеген, бітпейтін, аяқталмаған.*

**БІТІМШАРТ** зат. ресми. *Бітім жасасу барысында атап көрсетілген өзара келісімдердің қағазға түсірілген нұсқасы.*

**БІТІМШІ** зат. **1.** *Араздасушы екі жақ арасын келістіруші адам, мәмілеші.* **2.** әск. *Соғысушы екі жақ арасын мәмілеге келтіруші өкіл.* **3.** ресми. *Соттасушы, дауласушы жақтарды бір шешімге келтіруші тұлға, лауазым иесі.*

**БІТІМШІЛІК** зат. **1.** *Екі жақ арасын жақындастыратын, татуластыратын іс-әрекет.* **2.** сөйл. *Аяқталмаған даудың шешімі; бітпеген шаруаның аяғы.*

**БІТІН=** ет. жерг. *Діңкесі құру, запы болу.*

**БІТІР** зат. сөйл. діни. ***Пітір*** *(ислам дінінде мұсылмандықтың бес парызының бірі саналатын міндетті садақа).*

**БІТІР=** ет. **1.** *Ақырына жеткізіп аяқтау, тауысу, түгесу.* **2.** *Тындыру, орындау, істеу.* 2. *Бітеу, бекіту.*

**БІТІРГІЗ=** ет. *Аяқтатқызу, істеткізу.*

**БІТІРГІСІЗ** сын. *Біткейтін, таусылмайтын; айтып жеткізгісіз.*

**БІТІР-ЗЕКЕТ** зат. діни. сөйл. ***Пітір-зекет*** *(діни алымдар).*

**БІТІР-САДАҚА** зат. діни. сөйл. ***Пітір*** *(парыз саналатын діни алым).*

**БІТІРТ=** ет. *Аяқтату, тәмамдату.*

**БІТІРУ** *Бітір етістігінің қимыл атауы. Аяқтау, тәмамдау, нәтижесін көру.*

**БІТІРУШІ** зат. *Істі, орта мектепті, оқу орнын аяқтаушы, түгесуші.*

**БІТІРІС=** ет. *Бірге бітіру, аяқтауға көмектесу.*

**БІТІРІСУ** *Бітіріс етістігінің қимыл атауы.*

**БІТІС** зат. **1.** *Жаратылыс, бітім, қалып, туа бітті қасиет.* **2.** *Бір нәрсенің аяқталысы, таусылуы.*

**БІТІС=** ет. **1.** *Келісу, тіл табысу.* **2.** *Жымдасып қалу, кірігу.*

**БІТІСПЕС** сын. *Ешбір мәмілеге, ымыраға келмейтін.*

**БІТІСПЕСТІК** зат. *Ымыраға келмейтін араздық, келіспестік.*

**БІТІСТІР=** ет. *Келістіру, ымыраластыру, мәмілеге келтіру.*

**БІТІСТІРУ** *Бітістір етістігінің қимыл атауы; мәмілеге келтіру, ымыраластыру.*

**БІТІСТІРУШІ** зат. құқық. *Екі жақты келістіруші, араға түсуші, мәмілеші.*

**БІТІСУ** *Бітіс етістігінің қимыл атауы; келісу, дауды шешу.*

**БЭЕР** зат. экон. *Вексель иесі, ол бойынша төлем оны ұсынушымен жүзеге асырылады.*

**БЮВЕТ** [франц. buvette] зат. сушар. *Шипажайлар мен емдеу-сауықтыру орындарында шипалы суды көпшілік ішу үшін салған шегенді имарат.*

**БЮДЖЕТ** [франц. budget] зат. экон. **1.** *Орталықтандырылған ақша қорының құралу көздері мен жұмсалу бағыттарын сипаттайтын экономикалық категория, ақшалай кіріс-шығыс балансы.* **2.** инф. <ағыл. account> *Белгілі бір уақыт аралығында компьютерде жұмыс істеуші (жұмыс істеушілер тобы) пайдалана алатын компьютер ресурстарының көлемі.*

**Бюджет жүйесі.** экон. *Мемлекеттік, әкімшілік аумақтың бірліктер бюджеттерінің, бюджеттік жағынан дербес мекемелер бюджеттері (сметасы) мен шоттарының және қорлардың экономикалық қатынастар мен заң нормаларына негізделген жиынтығы.* **Бюджет жылы.** экон. *Бекітілген бюджет күшін сақтайтын 12 ай уақыт.* **Бюджет индексі.** экон. *Материалдық тұрмыс халі дәрежесінің динамикасын зерттеуге арналған көрсеткіш, «тұрмыс хал құнының индексі».* **Бюджет мекемелерінің сметасы.** экон. *Мекемені ұстауға және ұлғайтуға арналған қаржылардың жылдық қажетін анықтайтын смета.* **Бюджет статистикасы.** экон. *Отбасы табысының көзі мен деңгейін, оның тұрғын үймен, мәдени, тұрмыс заттарымен қамтамасыз етілуін, отбасы құрамын, оның мүшелерінің білімін, кәсібін т.б. сипаттайтын халықтың тұрмыс дәрежесі статистикасының құрамды бөлігі.* **Бюджет тізімі.** экон. *Тұтынудың (жанұяға немесе халықтың жан басына шаққанда) көлемі мен құрылымын сипаттайтын тауар көрсеткіші; қоғамда жасалған материалдық, рухани игіліктердің бөлінуін бейнелейтін қызмет тізімі.*

**БЮДЖЕТТІК** сын. экон. *Кіріс-шығыс есебіне қатысы бар.*

**Бюджеттік бақылау**. экон. *Республикалық және жергілікті бюджеттердің әзірленуі мен атқарылуы барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметін қадағалау процесі.* **Бюджеттік есеп.** экон. *Бюджеттің, бюджет мекемелері мен ұйымдарының шығыс сметасының орындалу процесіндегі бухгалтерлік есеп.* **Бюджеттік жоспарлау.** экон. *Мемлекет бюджетінің жасалуы мен орындалуы, халық шаруашылығын жоспарлаудың құрамды бөлігі.* **Бюджеттік жіктелім**. экон. *Бюджетке түсетін ақша қаражаттарын және олардың жұмсау бағыттарын ұазипалық (функционалдық), экономикалық және идаралық белгілеріне қарай топтастыру.* **Бюджеттік заңнама.** құқық. *Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, «Бюджет жүйесі туралы» заңды, әр жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдарды, мәслихаттардың тиісті жылдарға арналған жергілікті бюджет туралы шешімдерін, бюджет рәсімдемелері жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қамтитын нормалар жиынтығы.* **Бюджеттік комиссиялар.** экон. *Жоғары және жергілікті өкімет органдарының мемлекет бюджетін талқылау және бекіту үшін құрылған тұрақты комиссиялар.* **Бюджеттік қаржыландыру.** экон. *Мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың бюджетте қаралған шығындарын толық және жартылай жабу үшін бюджеттік қордан бөлінетін қайтарымсыз қаржы.* **Бюджеттік мекеме.** экон. *Мемлекеттік бюджетке қарайтын мекеме.* **Бюджеттік реттеу.** экон. *Мемлекет кірістен немесе жоғары тұрған бюджет кірісінен төмен тұрған бюджетке олардың кірісі мен шығысын тепе-теңдік жағдайда ұстау үшін берілетін қаржылар.* **Бюджеттік саясат**. экон. *Мемлекеттің экономикалық саясатының әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды іске асыру үшін бюджет қорын ұйымдастыру мен пайдалануға бағытталған мемлекеттік шаралар жиынтығы.* **Бюджеттік тексеру.** экон. *Халықтың әртүрлі қоғамдық топтарының тұрмыс дәрежесі туралы алынатын мәліметтердің көзі болып табылатын жанұя бюджетін статистикалық тұрғыдан іріктеп тексеру.*

**БЮКСТЕР** [нем. Buchse] зат. *Жұқа қабырғалы, қақпағы ауа өтпейтіндей тығыз, зат өлшейтін шыны ыдыстар.*

**БЮЛЛЕТЕНЬ** [франц. bulletin] зат. **1.** *Қоғамдық үлкен мәні бар оқиға жайындағы қысқаша ақпараттық хабарлама.* **2.** *Библиографиялық, статистикалық, метеорологиялық т.б. арнаулы мәліметтерді жариялайтын мерзімді не мерзімсіз басылым.* **3.** *Сайлау кезінде үміткердің аты-жөні тіркелген арнаулы қағаз.* **4.** ресми. *Қызметкерлер мен жұмысшылардың науқастануына байланысты жұмысқа уақытша жарамсыздығы жөнінде мемлекеттік қамсыздандыру жағынан ақшалай жәрдем алатын, емхана орны беретін қағаз.*

**Бюллетенде болды**. сөйл. *Ауырды, жұмыста болмады, ауруханаға тіркеліп емделді.*

**БЮРЕТКА** [франц. burette] зат. *Сұйықтың көлемін дәл өлшеуге арналған өлшем таңбалары бар шыны түтік.*

**БЮРО**[1] [франц. bureau] зат. ресми. **1.** *Ұйым, мекеме, қоғам сайлаған басқарушы адамдардың құрамы.* **2.** *Негізінен халыққа қызмет ету жұмыстарын атқаратын мекемелердің, сондай-ақ ғылыми, халықшаруашылық мекемелердің атауы.*

**БЮРО**[2] [ағыл. bureau] зат. инф. *Компьютермен байланысты жұмыстарда қызмет ететін агенттік.*

**БЮРОКРАТ** [франц. bureaucrate] зат. жағымсыз. *Қызмет бабында бюрократизмді орнатқан, ұстанған кеңсешіл, төрешіл адам.*

**БЮРОКРАТИЗМ** зат. **1.** *Мемлекеттік басқару жүйесіндегі шенеуніктік-әкімгерлік ел билеу үрдісі.* **2.** ауыс. *Формалды нәрселерді, болмашы жайды сақтағансып, жағдайдың мәнісіне бармай әрекет етушілік, қағазбастылық, кеңсешілдік.*

**БЮРОКРАТИЯ** [франц. bureaucratie] зат. *Мемлекеттік басқару жүйесіндегі шенеуніктік, әкімгерлік, осы жүйені ұстанатын шенеуніктік топ.*

**БЮРОКРАТИЯЛЫҚ** сын. *Бюрократияға тән, бюрократияға қатысты.*

**БЮРОКРАТИЯСЫЗДАНДЫР=** ет. кіт. *Бюрократияланудың жою, болдырму.*

**БЮРОКРАТИЯСЫЗДАНДЫРУ** кіт. *Бюрократиясыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**БЮРОКРАТИЯШЫЛДЫҚ** зат. *Бюрократияға әуестенушілік, бюрократ болуға құмартушылық.*

**БЮРОКРАТТАН=** ет. жағымсыз. *Басқару ісінде тоңмойындылыққа салынып, тұрпайылану, бюрократ боп шығу.*

**БЮРОКРАТТЫҚ** зат. *Бюрократқа тән қасиет.*

**БЮСТ** [франц. buste] зат. *Адамның кеудеден жоғары портреттік бейнесі кескінделген мүсін.*

**БЮСТЬЕ** зат. *Әйелдердің қысқартылған корсет түріндегі үстіңгі іш киімі.*

# В

**В 1.** *Қазақ әліпбиіндегі орыс тілі арқылы енген кірме сөздерді таңбалау үшін алынған, орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстарды білдіретін төртінші әріп.* **2.** *Жоғарғы тіс пен төменгі еріннің жуысуы арқылы жасалатын орыс тіліндегі дауыссыз ызың (фрикатив) дыбыс.*

**В витамині.** *Денедегі зат алмасуына қажеті бар, суда еритін органикалық қосылыс.*

**ВААЛ** зат. миф. *Табиғат құбылыстарының жебеушілері, пұт.*

**ВА-БАНК** [франц. va banque] зат. *Кейбір карта ойын түрлеріндегі бүкіл банкке пара-пар ставка.*

**Ва-банкке бару.** *Тәуекелге бел буу.*

**ВАВИЛОНДЫҚ** сын. *Ежелгі Вавилон (Бабыл) мемлекеті астанасының атымен байланысты. // Сол қаланың тұрғыны.*

**ВАГИНА** зат. физиол. *Әйелдің сыртқы жыныстық мүшесі, қынап.*

**ВАГИНАЛДЫҚ** сын. физиол. *Әйелдің сыртқы жыныстық мүшесі қынабының ауруларын емдеуге қатысты.*

**ВАГИНИЗМ** зат. мед. *Жыныстық қатынасқа тосқауыл болатын қынап бұлшық еттері мен жамбас қуысының қатты жиырылуы.*

**ВАГИНИТ** [лат. vagina] зат. мед. *Түрлі бактериялар әсерінен қынаптың қабынуы.*

**ВАГИНОДИНИЯ** зат. мед. *Қынаптың ауырсынуы.*

**ВАГИНОПАТИЯ** зат. мед. *Қынаптың ауыруға шалдығуы.*

**ВАГИНОПЕКСИЯ** зат. мед. *Түсіп кеткен қынапты орнына келтіріп бекіту.*

**ВАГИНОПЕРИНЕОГРАФИЯ** зат. мед. *Қынапты, бұраралықты тігу.*

**ВАГИНОСКОП** зат. мед. *Қынапты қарап тексеруге арналған құрал.*

**ВАГИНОСКОПИЯ** зат. мед. *Қынапты тексеру.*

**ВАГИНОТОМИЯ** зат. мед. *Қынапты кесу.*

**ВАГИНЭКТОМИЯ** зат. мед. *Қынапты кесіп алып тастау.*

**ВАГОН** [франц. wagon ] зат. көлік. *Жолаушыларды немесе әртүрлі жүктерді тасу үшін рельсті жолмен қозғалатын доңғалақты көліктің құрамдас бөлігі.*

**Вагон жөндейтін зауыт.** *Ескірген, бұзылған вагондарды жөндеуге арналып жабдықталған зауыт.*

**ВАГОН-МЕЙРАМХАНА** зат. *Мейрамхана орналасқан вагон.*

**ВАГОНДАС** сын. *Вагоны бір, бір вагондағы.*

**ВАГОНЕТКА** [франц. wagonnet] зат. ***Вагонша.***

**ВАГОНША** зат. көлік. *Шахтада, карьерде, құрылыс алаңында, зауыт ішінде көлік ретінде жақын ара қашықтыққа ені тар темір жолдармен жүк немесе жолаушыларды тасымалдауға арналған, сыйымдылығы шағын тасымал құралы.*

**ВАГОНШЕ** зат. сөйл. ***Вагонша.***

**ВАГОНШЫ** зат. *Вагон жасайтын жұмысшы; вагон жүргізуші.*

**ВАГРАНКА** зат. тех. *Шойын құятын цехтың негізгі агрегаты, түсті металл рудаларын балқытатын шахта пеші.*

**ВАДИ** [ар.وادى] зат. геогр. *Солтүстік Африка мен Арабстан шөлдеріндегі құрғақ беткейлері тік немесе мезгіл-мезгіл ағын су толатын аңғарлардың арабша аты.*

**ВАДОЗ: вадоз сулары.** сушар. *Қар, жаңбыр, теңіз суларының әртүрлі таужыныстарға сіңуінен пайда болған табиғаттағы су айналымына қатынасатын жерасты сулары.*

**ВАЗА** [франц.vase] зат. *Гүл немесе көкөніс салып қоюға, кейде сұйық тағам құюға арналған өрнекті әсем ыдыс.*

**ВАЗЕЛИН** [франц. vaseline] зат. **1.** хим. *Минералдың май мен қатты көмірсутектердің (парафин, церезин, петролатум) біртекті май тәрізді қоспасы.* **2.** *Медицинада, косметикада теріні жұмсарту, сылау үшін қолданылатын май.*

**ВАЗОАКТИВТІ** зат. мед. *Тамырға әсер еткіш.*

**ВАЗОАНАСТОМОЗ** зат. мед. *Қантамыр жалғамасы.*

**ВАЗОГРАММА** зат. мед. *Қантамырдың контраст контраст жіберіп рентгенге түсірген суреті.*

**ВАЗОГРАФИЯ** зат. мед. *Қантамырды контраст жіберіп рентгенмен тексеру.*

**ВАЗОДИЛАТАТОР** зат. мед. *Қантамырды кеңейткіш.*

**ВАЗОПРЕССИН** зат. мед. *Гипофиздің артқы бөлігінде жиналып және содан бөлініп шығатын нейросекреция өнімі; осы гормоннан алынатын препарат.*

**ВАЙЕРБАРС** зат. кен. *Электролиттік мысты қайта балқытып, қоспалардан тазалап, шойын қалып ыдысқа (астауға) құйып жасалатын белгілі бір пішіндегі дайындама.*

**ВАКАНСИЯ** [франц. vacance] зат. *Бос қызмет орны.*

**ВАКАТ** [франц. vacant] зат. полигр. *Мәтін мен клише жазылмаған бос, таза парақ.*

**ВАКСА** [нем. Wachs] зат. *Былғары аяқ киімді жылтырататын қара түсті май.*

**ВАКУОЛЬ** [лат.vacuus] зат. биол. *Өсімдік клеткасына тән протоплазмадағы клетка сөліне толы қуыс, жетілген клеткаларда айқындалған, жас, жаңа клеткаларда әлі айқындала қоймаған құрылым.*

**ВАКУУМ** [лат. vacuum ] зат. физ. **1.** *Тозаң кіре алмайтын саңылаусыз кеңістік ішіндегі ауа қысымынан едәуір төмен қысымдағы газ күйі.* **2.** *Бос кеңістік, ауасыз қуыс.*

**Вакуум жүйе.** *Сорғы корпустарын және сорғыш құбыр желісінің қуыс- қуыстарын суға толтыруды қамтамасыз ететін жүйе.* **Вакуум техникасы.** *Вакуумды алу, сақтау және оны өлшеу (бақылау) әдістері мен онда қолданылатын жабдықтар жиынтығы.*

**ВАКУУМ-АППАРАТ** зат. тех. *Вакуум туғызатын, ертінділерді газға айналдыратын құрылғы.*

**ВАКУУМ-СТИМУЛЯТОР** зат. мед. *Босандыруға қолданатын вакуумапарат.*

**ВАКУУМДА=** ет. **1.** *Қатқан бетонға сіңген артық ылғалды (суды) және ауаны сорып алу әдісі.* **2.** *Болаттың сапасы жоғары болу үшін болат ерітіндісін газдардан арылту процесі.*

**ВАКУУМДАУ** зат. тех. *Құрылымдағы немесе аппараттағы қысым атмосфералық қысымнан төмен болуы үшін олардың ішіндегі газды, буды немесе булы газ қоспасын сорып алу процесі.*

**ВАКУУМДЫҚ** сын. *Вакуумға тән, вакуумға қатысты.*

**Вакуумдық балқыту.** *Металдар мен қорытпаларды төмен, қалдық қысыммен балқыту.* **Вакуумдық материалдар.** *Вакуум жабдықтары мен құралдарында қолданылатын материалдар: конструкциялық материалдар, газ сіңіргіштер (геттерлер), вакуум майлары мен материалдары (мыс, сынап), цементтер, лактар және т.б.* **Вакуумдық металлургия.** *Қазіргі металлургия өнеркәсібінің кеннен немесе басқа материалдардан вакуумдық әдіспен алатын ең маңызды салаларының бірі.* **Вакуумдық пеш.** *Металл өңдеу (қыздыру, балқыту) вакууммен жүргізілетін пеш.* **Вакуумдық сорғы.** *Вакуум жасау, оны жоғарылату және сақтау үшін қолданылатын құрылғы.* **Вакуумдық техника.** *Вакуумды алу, сақтау және оны өлшеу үшін қолданылатын әдістер мен құрал-жабдықтар жиынтығы.*

**ВАКУУММЕТР** [лат.vacuum – бос, metron – өлшем] зат. тех. ***Вакуумөлшеуіш*** *(сиретілген газдардың қысымын өлшеуге арналған құрылғы).*

**ВАКУУММЕТРИЯ** зат. тех. ***Вакуумөлшеуіш*** *(сиретілген газдардың (вакуумның)*

*қысымын өлшеуге арналған құралдар мен әдістер жиынтығы).*

**ВАКУУМӨЛШЕУІШ** зат. тех. <лат. vacuum – бос, metron – өлшем> *Атмосфералық қысымнан төмен қысымды өлшейтін құрал.*

**ВАКУУМ-СҮЗГІШ** зат. кен. *Кеннен алынған флотациялық концентраттар қойылдырғыштардан өткізілгеннен кейін олардың ылғалдылығын төмендету үшін қолданылатын аппараттар жиынтығы.*

**ВАКУУМ-ШӨМІШ** зат. кен. *Астаулардан металлургиялық балқымаларды алуға арналған құю шөміші.*

**ВАКУУМ-ЭКСТРАКЦИЯ** зат. мед. *Ауаны сұйылту әдісін қолданып нәрестені арнайы аспаппен шығару операциясы.*

**ВАКФ** [ар وقف] зат. діни. тар. *Орта ғасыр, кейінгі орта ғасыр кезеңдерінде Қазақстанның оңтүстік аймақтары мен Орталық Азияда діни немесе қайырымдылық көрсететін мекеме.*

**ВАКХАНАЛИЯ** [лат. bacchanalia] зат. **1.** тар. *Ежелгі Римде шарап пен той-думанның құдайы Вакхтың құрметіне өткізілетін мейрам.* **2.** ауыс. кіт. *Бір заттың не құбылыстың шектен шығуы, тым артық, көп болуы, шамадан тыс ерекше асуы.*

**ВАКЦИНА** [лат. vaccinus] зат. мед. *Микроағзалардан (бактерия, вирус т.б.) алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар.*

**ВАКЦИНАФОБИЯ** зат. мед. *Вакцина еккізуден қорқатын аурулы жағдай.*

**ВАКЦИНАЦИЯ** зат. мед. *Вакциналау шаралары, вакцина егу.*

**ВАКЦИНОТЕРАПИЯ** [лат. vaccinus – сиырдікі, грек, therapeia – емдеу] зат. мед. *Вакцинамен емдеу. Жекелеген жұқпалы ауруларды вакцина егу арқылы емдеу.*

**ВАЛ** зат. тех. *Өзінің айналуымен машинаның я механизмнің басқа бөлшектерін де қимылға келтіретін, қозғалысқа түсіретін негізгі тетік (білік).*

**ВАЛЕНТИНИТ** зат. хим. *Тотықтар табының минералы.*

**ВАЛЕНТТІ** сын. *Химиялық элементтің басқа элемент атомдарымен қосыларлық қабілетінің кесімді саны (ондай сан 1-ден 8-ге дейін болады).*

**ВАЛЕНТТІК** [лат. valentia] зат. хим. *Алынған химиялық элементтің басқа элемент атомының кесімді санын қосып алу я орнын басу қабілеті.*

**ВАЛЕНТТІЛІК** [лат. valentia] зат. хим. **1.** *Атомның басқа атомдарды немесе атомдар тобын қосып алып, химиялық байланыс құру қасиеті.* **2.** лингв. *Сөздің өзге элементтермен синтаксистік байланысқа түсу қабілеті.*

**ВАЛЕОЛОГ** зат. мед. *Валеология саласының маманы.*

**ВАЛЕОЛОГИЯ** [лат. valere – саламаттылық, грек, logos – ілім] зат. *Дұрыс тамақтану, тиімді күн тәртібі, адамның қоршаған ортамен қатынасы жөніндегі ұстанымдары, денсаулық туралы ғылым.*

**ВАЛЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Валеологияға тән.*

**ВАЛЕР** [франц. valeur] зат. көркемөнер. *Живопись пен графикада жарық сәулесі мен қараңғылық қатынасын білдіретін реңдік тон.*

**ВАЛЕРИАН** [лат. valeriana] зат. **1.** өс. *Тамырының тұнбасынан медицинада зор маңызы бар дәрі алынатын көпжылдық шөп (өсімдік).* **2.** фарм. *Осы өсімдіктің тамырынан жасалған жүйке жүйесіне әсер ететін дәрілік препарат.*

**Валериан қышқылы.** хим. *Шүйіншөп қышқылы, $C_4H_9COOH$ – бірнегізді, қаныққан органикалық қышқыл.* **Валериан тамшысы.** *Валериан өсімдігінің тамырынан жасалған дәрілік препараттың тамшысы.*

**ВАЛИДАТОР** зат. жаңа. *Қоғамдық көліктердегі жол ақысын қабылдайтын арнайы темір жәшік.*

**ВАЛИДОЛ** [франц. validole] зат. фарм. *Ментол және валерьяна қосындысынан алынатын, қан тамырларын кеңейтетін, ауырсынғанды басатын жүрек ауруының дәрісі.*

**ВАЛИЗА** [франц. valise] зат. жерг. *Ашуға болмайтын, қалыптасқан ретпен жабылған және мөрленген немесе пломбаланған (бекітілген) дипломатиялық поштаға арналған сөмке, қап, пакет, конверт және т.б.*

**ВАЛИК** зат. тех. **1.** *Кішкене білікше.* **2.** *Дыбыс жазуға арналған фонографтың цилиндрі.* **3.** *Диванның екі басына қойылатын жұмыр шеттеме.* **4.** құр. *Қабырға, төбелерді эмульсиямен ақтауға арналған, сырты матамен қапталған айналма білік.*

**ВАЛИН** зат. хим. *Аминоқышқылдардың өзгертуге болмайтын құрам бөлшегі, көбінесе ол сүт казеинінде болатын органикалық зат.*

**ВАЛИУМ** зат. фарм. *Транквилизатор, нерв жүйесін жайландырып, ұйықтататын күшті дәрі.*

**ВАЛОКОРДИН** зат. фарм. *Жүрек тез соғып, шаншып ауырғанда ішетін дәрі.*

**ВАЛОРЛАНУ** зат. экон. *Мемлекеттік шаралардың нәтижесінде тауарлардың бағасы мен қымбат бағалы қағаздардың, валюталардың бағамының артуы.*

**ВАЛОРЛЫҚ** сын. қаржы. *Валорлануға қатысты.*

**Валорлық сақтандыру.** қаржы. *Ерекше, өте бағалы заттарды сақтандыру*

**ВАЛТОРНА** [нем. Waldhorn] зат. муз. *Үрлемелі оркестрде үріп тартатын сырнайға ұқсас жұмсақ әрі кең үнді музыкалық жез аспап.*

**ВАЛЬВАЦИЯ** [франц. evaluation] зат. қаржы. *Шет елдік валютаның бағасын ұлттық ақша бірлігінде анықтау.*

**ВАЛЬВУЛИТ** зат. мед. *Жүрек қақпақшасы тінінің қабынуы.*

**ВАЛЬВУЛОГРАФИЯ** зат. мед. *Жүрек қақпақшасының қозғалысын жазып алу.*

**ВАЛЬВУЛОТОМИЯ** зат. мед. *Жүрек қақпақшаларының бірігіп қалған жармаларын тіліп ажырату.*

**ВАЛЬДШНЕП** [нем. Waldschnepfe] зат. зоол. *Жылқышы тәрізді орман құсы, салмағы 300-350 г.*

**ВАЛЬС** [франц. valse] зат. өнер. **1.** *XIX ғ. екінші жартысында Еуропада кең тараған жұптасып билейтін би түрі; баяудан шапшаңға дейінгі ырғақ;* **2.** *Осы би ырғағындағы музыка.*

**ВАЛЬС-БОСТОН** зат. өнер. *Америкалықтардың вальс ырғағындағы жұпты биі.*

**ВАЛЬТЕР** [нем. Walter] зат. әск. *Немістің «Вальтер» қару-жарақ фирмасының атымен аталған, калибрі 9 мм, автоматты, сегіз зарядты пистолет.*

**ВАЛЬЦАЛАР** [нем. Walze] зат. тех. *Беттері тегіс, кейде бұдырмақты, қарама-қарсы жанаса айналып тұратын шойыннан не болаттан құйылған қос білігі бар тас уатар түрлі құрылғылар.*

**ВАЛЬЦТЕУ** ет. тех. *Темір шыбықтарды немесе тілкем дайындамаларды штампта (дайындамаға қарсы бағытта айналатын шыңдағыш талқыларда) деформалау.*

**ВАЛЬЦТЕУШІ** зат. *Вальцалар станогінде істейтін жұмысшы.*

**ВАЛЮТА** [итал. valuta] зат. қаржы. **1.** *Тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі.* **2.** *Белгілі бір мемлекетте қабылданған ақша өлшемі (теңге, сом, доллар, рупий, т.б.).* **3.** *Шет мемлекеттердің ақша белгісі, сонымен қатар несие беру, өтеу құжаттарының (вексель, чек, банкнот) мемлекетаралық есебін ажыратуға қолданатын шетелдік валюта, ұлттық есеп бөлшегі және төлем құралы.*

**Валюта аймағы.** экон. *Өзара валюта қатынастарының ережелерін берік сақтайтын және жетекші мемлекеттің валютасының аймақ ішіндегі елдердің басқа елдермен есеп жүргізгенде шешуші рөлін қабылдаған мемлекет тобының бірігуі.* **Валюта айырбастау [ауыстыру].** *Әртүрлі елдер ақшасын жергілікті ақшаға немесе керісінше айырбастау.* **Валюта бағамы [курсы].** экон. *Белгілі бір елдің ақша бірлігінің басқа бір ел ақша бірлігімен белгіленген құны.* **Валюта бағамының өзгеру қатері.** қаржы. *Қор және валюта биржаларында бағамның өзгеруі қатерінен қорғану үшін мамандырылған қаржы құралдары (опцион, фьючерс, форвард қолданылады).* **Валюта бағасын белгілеу.** экон. *Қолданылып жүрген заң ережесін және қалыптасқан тәжірибеге сай шетел валюталарының арақатыс бағасын белгілеу.* **Валюта басқыншылығы.** *Ұлттық (орталық) банктің валюталық бағамды қолдау үшін өз елінің валютасын сатып алу және сату жөніндегі операциялары.* **Валюта биржасы.** *Валюталармен ірі көлемде сауда жасалатын, ұйымдық жағынан жасақталған және тұрақты жұмыс істейтін нарық.* **Валюта дағдарысы.** экон. *Валюта бағамының күрт тұрақсыздануы, мемлекеттік валюта қорларының таусылуына байланысты валюта өрісінде, валюта нарығында қайшылықтың күрт шиеленісуі.* **Валюта декларациясы.** экон. *Шегарадан валюта алып өту кезінде кеденге көрсетілетін мәлімдеме – құжат.* **Валюта демпингі.** экон. *Валютасы құнсызданған елден тұрақты валютасы бар немесе валютасының құны айтарлықтай төмендемеген елге дүниежүзілік бағадан төмен бағамен тауарлар шығару.* **Валюта жайғасымы.** экон. *Банктің шетел валютасы түріндегі активтері мен міндеттемелерінің арасалмағы.* **Валюта жүйесі.** экон. *Мемлекеттік заң ережелерінде, халықаралық келісімдерде бекітілген дүниежүзілік нарық дамуының негізінде қалыптасқан ақшалы-несиелік қатынастардың жиынтығы.* **Валюта келісімі.** экон. *Мемлекеттер арасындағы олардың белгілі бір валюталық қатынастарын реттеу жөніндегі өзара құқықтары мен міндеттеріне қатысты екіжақты немесе көпжақты келісім.* **Валюта клирингі.** экон. *Тауар жеткізілімдері мен көрсетілетін қызметтер құнының тепе-теңдігінен туындайтын өзара талаптар мен міндеттерді бір-бірінде есепке алу шаралы үкіметаралық келісім.* **Валюта қоржыны.** экон. *Ұлттық валюталардың жиынтығы; ұлттық немесе халықаралық, ұжымдық валютаның валюталық бағамын анықтау үшін шетел валютасының бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын валюталардың сатып алу қабілетін, айырбастың жалпы экономикалық шарттарының әсерін негұрлым негіздеп ескеруге мүмкіндік беретін статистика.* **Валюта қоржынының индексі.** экон. *Сауда серіктестерінің валюта қоржыны негізінде арнаулы формула бойынша есептелетін индекс.* **Валюта қоршауы.** экон. *Шетел валютасының ел ішіндегі айналымын шектеу үшін мемлекеттің қолданатын шарала-*

*ры.* **Валюта қоры.** экон. *Мемлекеттің төлем қабілеттілігін анықтайтын тұрақты валюта мөлшеріндегі қоры, алтын-асыл құндылықтары.* **Валюта құндылықтары.** *Валюта заңнамасымен ел аумағындағы айналыстың ерекше тәртібі белгіленген құндылықтар.* **Валюта мәмілесі.** экон. *Валюта құндылықтарына меншік құқығы мен өзге құқықтардың ауысуына байланысты мәміле; валюта құндылықтарын кез келген әдіспен елге әкелу және қайта жіберу.* **Валюта монополиясы.** экон. *Мемлекеттің өз органдары арқылы валюта операцияларына және экономикалық агенттер табатын бүкіл валютаға үстемдік жасауы.* ***Валюта нарығы*** *(сұраным мен ұсыным негізінде валюталарды сатып алу-сату шоғырланған ресми орталық; шетел валюталарын және шетел валютасымен төленетін төлем құжаттарын сатып алу-сату жөніндегі тұрақты экономикалық және ұйымдық қатынастар жүйесі).* **Валюта несиесі.** экон. *Бір елдің екінші бір елге өзінің валютасы, шетел валютасы немесе алтын түрінде беретін қаражаты.* **Валюта одақтары.** экон. *Валюта үстемдігін орнату және басқа мемлекеттерге бірыңғай валюта саясатын жүргізу мақсатымен бірнеше елдің топтасқан одақтары.* **Валюта операциялары.** экон. *Валюталық құндылықтармен жасалатын мәмілелер.* **Валюта өтелімділігі.** экон. *Кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметінің ұстанымы.* **Валюта резервтері.** экон. *Белгілі бір мемлекеттің халықаралық есеп айырысуға, кездейсоқ жағдайларға және валюта рыногын реттеуге арналған, орталық банкіде не қаржы мекемелерінде және халықаралық валюталық-кредиттік ұйымдардағы алтын мен шетел валютасынан тұратын қоры.* **Валюта рыногы.** экон. **Валюта саясаты.** экон. *Мемлекеттік ұйымдар мен орталық банктердің, қаржыландыру мекемелері, қаржылық валюта орталықтарының валюта қарым-қатынасы саясатындағы экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық әрекеттері мен шаралар жиынтығы.* **Валюта тепе-теңдігі [паритеті].** экон. *Бір валютаны екінші валютаға айырбастау құнының ресми түрде белгіленген тұрақты шегі.* **Валюта түсімі.** экон. *Тауарлар мен қызметтер экспортынан, сондай-ақ, халықаралық несиелерден түскен шетел валютасы.*

**ВАЛЮТАЛЫҚ** сын. қаржы. *Валютаға байланысты.*

**Валюталық арбитраж**. *Түрлі рыноктардың валюта бағамдарындағы айырмадан пайда табу мақсатымен шетел валютасын бір валюта рыногынан сатып алып, оны бір мезгілде екінші бір валюта рыногында сату.* **Валюталық аударым қорлары.** қаржы. *Кәсіпорындардың, бірлестіктердің және ұйымдардың өздері жүзеге асыратын экспорт-импорт операцияларын қаржыландыруға арналған шетелдік валюта түріндегі ақшалай қаражат қорлары.* **Валюталық аутрайт.** қаржы. *Мәміле жасасушы тараптар қатаң түрде белгіленген мерзімде «форвард» бағамы бойынша төлем төлеуді көздейтін мерзімдік жай валюталық мәміле.* **Валюталық баға белгіленімі.** *Елдердің орталық (ұлттық) банктерінің төлемдер төлеу және есеп айырысу мақсатында ұлттық валютаға қатысты шетел валютасының бағамын белгілеуі.* **Валюталық бағам.** экон. *Бір елдің ақша өлшемінің екінші бір елдің ақша өлшемімен көрсетілген бағасы, салыстырмалы арақатыс құнының курсы.* **Валюталық бақылау.** экон. *Шетел валютасын сатып алу және онымен жасалатын операцияларды жүргізу тәртібін мемлекеттік реттеу жүйесі.* **Валюталық берешек.** экон. *Үкімет пен кәсіпорындардың, фирмалар мен бірлестіктердің шетелдік валюталық берешектері, борыштары.* **Валюталық девиз саясаты.** экон. *Валюта басқыншылығы және валютаны шектеу арқылы шетел валютасын сатып алу және сату жолымен валюта бағамын реттеу жүйесі.* **Валюталық демпинг.** экон. *Тауарларды валютасы қамтамасыз етілген елден валютасы негұрлым тұрақты (меншікті атаулы бағасымен, сондай-ақ, басқа валюталардың бағамымен салыстырғанда орнықты) немесе негұрлым аз құнсызданған елге дүниежүзілік бағадан төмен бағамен әкету.* **Валюталық дәліз.** экон. *Мемлекеттің реттеу тәсілі ретінде белгілейтін, валюталарды сату мен сатып алу арқылы орталық банк қолдайтын валюта бағамының өзгеру (тербеліс) шегі.* **Валюталық есепшоттар.** экон. *Мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, фирмалардың, кооперативтердің және жеке адамдардың сыртқы экономбанк мекемелерінде шетелдік валюталық есепшоты.* **Валюталық ескертпе.** экон. *Несиелер мен экспортшыны өзара шарт жасалынған сәттен бастап, оның төленген сәтіне дейін төлем валютасы бағамының құлдырауы қатерінен сақтандыру үшін халықаралық, өзара шарттардың (несие, төлем, сауда шарттарының) міндетті талабы.* **Валюталық заңнама.** заң. *Елдегі валютаны қолдану жөніндегі ортақ заң-актілер жиынтығы.* **Валюталық интенсивтендіру.** экон. *Орталық банктің шетел валютасын көптеп тоғытуы салдарынан басқа сатушылардың бағаны төмендетуге мәжбүр болуға әкелетін банк шараларының бірі.* **Валюталық интервенция.** экон. *Елдің орталық банкінің валюталық нарық пен валюта бағамын реттеу мақсатымен бір кезекте қолданатын қомақты әрекеті.* **Валюталық келісім.** экон. *Белгілі бір валюталық қарым-қатынастарды реттеуге қатысты өзара құқықтар мен міндеттерді белгілейтін екі жақты не көп жақты мемлекетаралық келісім.* **Валюталық клиринг.** экон. *Ыңғайласпа талаптар мен міндеттемелерді тауар жеткізілімімен көрсетілетін қызметтердің құндық тепе-теңдігінен туындайтын өзара есепке алу туралы үкіметаралық келісім.* **Валюталық коэффициент.** экон. *Валюталар бағамының арасалмағы.* **Валюталық курс.** экон. *Валюта бағамы (бір елдің басқа елдерде көрсетілетін ақша бірлігінің бағасы).* **Валюталық қаражаттар.** экон. *Үкіметтің қаулысымен қабылданатын валюталық режимді ырықтандырудың белгілі жылдарға арналған бағдарламасы.* **Валюталық қатынастар.** экон. *Шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен заңды және жеке тұлғалармен жасалатын қатынастар.* **Валюталық құндылықтар.** экон. *Арнаулы заңдармен ел территориясынан алып кетуге және алып келуге айрықша шектеу тәртібі белгіленген материалдық құндылықтар.* **Валюталық қылмыстар.** экон. *Валюталық операциялар туралы заң қағидаларын бұзушы іс-әрекеттер.* **Валюталық лицензия.** экон. *Орталық банктің заңды және жеке тұлғалардың сыртқы экономикалық-валюталық операцияларына қызмет көрсетуге, несие, есеп жүргізуге коммерциялық банкке беретін рұқсат қағазы.* **Валюталық мәлімдеме [декларация].** экон. *Валюта тасымалына байланысты жарна мәліметтері бар, кеденге тапсырылатын арнайы құжат.* **Валюталық нарық.** экон. а) *Сұраным мен ұсыным негізінде қалыптасқан валюта курсына сай валюталарды сатып алу-сату операциялары шоғырланған ресми орталық.* ә) *Шетелдік валютаны және шетелдік төлем құжаттарын сұраныс пен ұсынысты негізге ала отырып, сату-сатып алу жөніндегі әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық, фирмалық қатынастарды жүзеге асыру жүйесі.* **Валюталық несиелер.** экон. *Ақша түріндегі шетелдік валюталармен берілетін халықаралық несие.* **Валюталық низам.** *Валюталық заңдар ел ішінде, одан тысқары жерде валюталық құндылықтарға қатысты әртүрлі мәмілелер жасаудың, сондай-ақ ұлттық, шетелдік валюталарды т.б. құндылықтарды алып келудің, сыртқа шығарудың, аударым жасау мен жолдаудың тәртіптерін белгілейтін құқықтық-нормативтік актілердің жиынтығы.* **Валюталық одақ.** экон. *Ұлттық валюталарының құбылмалы шектерін өзара белгілеген мемлекеттер тобы.* **Валюталық операциялар.** экон. *Шетелдік валюталарды сатып алу мен сату операцияларына байланысты банк келісімдері мен қызметтері.* **Валюталық опцион.** құқық. *Келісімшарттың баламалы талаптарын таңдау құқығы.* **Валюталық өзін-өзі өтеушілік.** экон. *Кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы экономикалық, шаруашылық есеп қызметінің қағидаты.* **Валюталық реттеу.** экон. *Мемлекеттің халықаралық, есеп айырысу және валюталық құндылықтармен байланысты мәміле жасасу тәртібін реттеуге бағытталған қызметі.* **Валюталық своп.** экон. *Бір валютамен өтеу көзделетін қарыз бойынша борышқорлық міндеттемелерді борышқа басқа валютамен қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерге айырбастау туралы келісім.* **Валюталық тәуекелдік.** экон. *Валюта құнының қолайсыз өзгеруіне байланысты сыртқы сауда контрактілерінде несие және басқа сыртқы экономикалық операцияларда валюта жоғалтудың қауіп-қатері.* **Валюталық тепе-теңдік.** экон. *Алтынға ұсақталмайтын қағаз ақшаның айналыс жағдайында түрлі елдер валюталарының арасалмағы (үкімет ресми белгілеген алтынның ұлттық, ақша өлшеміне шаққандағы мөлшері).* **Валюталық тиянақты бағам.** экон. *Ұлттық валюталар арасындағы заңнамалық тәртіппен айқындалатын валюталық пара-парлық, негізінде ресми түрде белгіленген арасалмақ.* **Валюталық тосқауыл.** экон. *Басқа елдерді мемлекеттердің жоғары органдары тарапынан белгілі бір талаптарды орындауға көндіру мақсатымен мемлекеттің осы елдерге қатысты қолданатын валюталық шаралар жиынтығы.* **Валюталық тұрақтандыру қорлары.** экон. *Алтын, шетелдік және ұлттық валюта түріндегі мемлекеттік қорлар.* **Валюталық [валюта] түсім.** экон. *Шетелге шығарылған тауарлар мен бұйымдардан, көрсетілген қызметтерден түскен және де халықаралық несиеге берілген пайыз ретінде алынатын шетелдік валюта.* **Валюталық шектеулер.** экон. *Ұлттық валюта айналысына, сондай-ақ шетелдік валюталарға қатысты мемлекет тарапынан белгіленіп қойылған заңдылық және нормативтік актілердің, сонымен қатар валютамен, алтынмен, бағалы қағаздармен және басқа да валюталық құндылықтармен жүргізілетін операцияларды шектейтін тиісті ережелер мен шаралардың жиынтығы.* **Валюталық шот.** *Кәсіпорынның шетел валютасы түріндегі ақшалай қаражаты түгел есептелетін және есептен шығарылатын банктегі шоты.*

**ВАЛЮТИРЛЕ=** ет. қаржы. *Банкке ақша салған кісінің не корреспонденттің дербес шотындағы әрбір сомаға пайыз қай күннен бастап есептелетінін көрсету.*

**ВАМП** [ағыл. vamp] зат. *Қара шашты, киімі мен боянуында қарама-қарсы түстерді*

*қолданған, өңі ағарыңқы, іс-әрекеттері агрессивті болатын әйелдердің сыртқы бейнесі.*

**ВАМПИР** [франц. vampire] зат. **1.** миф. *Еуропа халықтарының наным-сенімдеріне байланысты түнгі уақытта көрінен шығып, адамдардың қанын соратын өлген адамның мүрдесі, құбыжық.* **2.** зоол. *Тропикалық Америкада Антиль аралдарында мекендейтін, жылықанды жануарлар қанымен қоректенетін, адамға шабуыл жасайтын ірі жарғанаттылар тобы.* **3.** сөйл. *Біреуді күш-қуатынан, әл-қайратынан айыратын, кері әсер ететін адам.*

**ВАМПИРИЗМ** зат. парапсихол. *Вампирдің жүріс-тұрысы, іс-әрекеттері; адамдардың энергиясын, өмірлік күшін тартып алу.*

**ВАНАДАТТАР** зат. хим. *Минералдар тобы, құрамы мен күрделілігі әртүрлі ортованадий қышқылының тұздары.*

**ВАНАДИЙ** [лат. vanadium] зат. хим. *Менделеевтің химиялық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент; жоғары температурада балқитын түсі күміс тәрізді, сапалы болат жасау үшін қолданылатын сұрғылт металл.*

**Ванадий кентастары.** хим. *Құрамында ванадий элементі бар табиғи минералдық шикізат.*

**ВАНАДИЙЛІ** зат. *Ванадийі бар.*

**ВАНАДИНИТ** зат. хим. *Ванадаттар табының минералы.*

**ВАНДАЛ** [нем. Wandale] зат. тар. **1.** *Ежелгі Рим империясының бір бөлігін жаулап алған, 455 ж. Римді қиратып, қырғынға ұшыратқан ежелгі шығыс герман тайпасы.* **2.** *Мәдениет мұраларын қиратушы, рақымсыз, жабайы, тағы (адам).*

**ВАНДАЛИЗМ** [нем. Wandale] зат. *Мәдениет мұраларын және тарихи ескерткіштерді орынсыз, қасақана қиратушылық, бүлдірушілік, тағылық.*

**ВАНИЛИН** [франц. vanilline] зат. биол. *Тропикалық хош иісті ваниль өсімдігінің қабығында, жемісінде глюкозоид түрінде кездесетін органикалық зат.*

**ВАНИЛЬ** [франц. vanille] зат. өс. *Тропикалық жерлерде өсетін, орхидтіктер тобына жататын хош иісті өсімдік.*

**ВАННА** [нем. Wanne] зат. **1.** *Ішіне жылы су толтырып, жуынып-шайыну үшін пайдаланылатын, үлкен астау тәрізді эмальды металл ыдыс.* **2.** *Ауруларды емдеу үшін дәрігерлер қолданатын әртүрлі шипалы бұлау.* **3.** тех. *Әртүрлі сұйық заттар (ерітінділер) құйылатын ыдыс пен құрамында осындай ыдысы бар балқыған сұйық зат жиналатын ойпаң (шұңқыр).*

**ВАНТУЗ** [франц. ventouse] зат. **1.** тех. *Қысыммен жұмыс істеу процесінде су құбырында жиналған ауаны автоматты түрде шығарып тұратын реттеуші қақпақша.* **2.** биол. *Сорлитер дейтін паразиттік таспа құрттарының басындағы дөңгеленген сарғыш аппараты.*

**ВАҢ** зат. тар. *Қытайша лауазым атауы.*

**ВАПОРИЗАТОР** зат. мед. *Жатырдан қан ағуды тоқтату үшін су буымен тіндерді күйдіруге арналған аспап.*

**ВАПОРИЗАЦИЯ** зат. мед. *Қатты немесе сұйық заттың газға айналуы.*

**ВАПОРИЗАЦИЯ** *зат. мед. Қатты немесе сұйық заттектің газға айналуы.*

**ВАРАН** [лат. varanidae] зат. зоол. ***Ешкіемер*** *(Кесіртке тәрізділердің ең ірісі).*

**ВАРВАР** [грек. barbaros] зат. **1.** тар. *Ежелгі гректер мен римляндар түсініксіз тілдерде сөйлейтін, өздеріне жат, өзге мәдениетке жататын бөтен елдің адамдарын менсінбеушілікпен осылай атаған.* **2.** ауыс. *Мәдениеттің жауы, рақымсыз, қатал адам.*

**ВАРВАРИЗМДЕР** [грек. barbarismos] зат. лингв. **1.** *Белгілі бір тілге басқа, бөтен тілдерден енген, толық қалыптаса қоймаған сөздер немесе сөз тіркестері.* **2.** *Белгілі бір елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тұрмыс-жайын, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсету үшін қолданылатын кірме сөздер.*

**ВАРВАРЛЫҚ** зат. *Мәдениетсіздік, тағылық, дөрекілік, айуандық.*

**ВАРЕНИК** зат. тамақ. *Қамыр ішіне ақ ірімшік я жидек салып, тұшпараға ұқсатып бүгіп, қайнатып пісірген тағам түрі.*

**ВАРЕНЬЕ** зат. ***Тосап.***

**ВАРИАНТ**[1] [лат. varians] зат. **1.** зат. мат. *Сандық қатардың әрбір мүшесі.* **2.** өнер. ***Нұсқа*** *(әдеби, музыкалық және т. б. шығарманың негізгі мәтіннен айырмашылығы бар басқа бір түрі немесе оның бөлігі).* **3.** спорт. *Шахмат пен дойбыда – нақты жағдайдағы жүріс комбинациясы мүмкіндіктерінің бірі.*

**ВАРИАНТ**[2] зат. лингв. *Айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында бар басқа бір дыбысқа ұқсап айтылуы.*

**ВАРИАНТТЫЛЫҚ** сын. лингв. *Тіл мен тілдік бірліктердің қолданылуы мен сақталуын қамтамасыз ететін іргелі және универсал қасиеті.*

**ВАРИАТОР** [лат. variare] зат. тех. *Қандай да бір заттың айналу жылдамдығын ақырындап басқаруды қамтамасыз ететін құрылғы.*

**ВАРИАЦИЯ** [лат. variatio] зат. **1.** *Бір нәрсенің негізі сақталып, екінші кезектегі элементтерінің өзгеруі.* **2.** мат. *Өзгерగіштік сызығындағы кездесу жиілігін көрсететін ең жоғарғы нүкте.* **3.** *Музыкалық тақырыптың құбылып қайталануы, бір сарынның, әуеннің бірден-бірге өзгеруі.* **4.** өнер. *Техникалық жағынан күрделі, шағын, бір немесе бірнеше орындаушыға арналған классикалық балет биінің түрі.* **5.** лингв. *Айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында жоқ, басқа бір дыбысқа ұқсап айтылуы.*

**ВАРИАЦИЯЛА=** ет. *Бір затты немесе құбылыстарды өзгерту, түрлендіру, құбылту.*

**ВАРИАЦИЯЛАУ** *Вариацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ВАРИАЦИЯЛАН=** ет. *Өзгертілу, түрлену.*

**ВАРИАЦИЯЛАНУ** *Вариациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ВАРИАЦИЯЛЫҚ** сын. биол. *Өзгеріске түскен, басқашалау.*

**Вариациялық есептеу [есеп].** мат. *Ең көп және өзгермелі шамаларды зерттейтін математика бөлімі.* **Вариациялық статистика.** мат. *Математикалық статистиканың тәжірибелік (эмпирикалық) үлестірілуінің сандық және функционалдық сипаттамаларын есептейтін саласы.*

**ВАРИЕТЕТ** [нем. Varietat] зат. зоол. *Бір дербес тек пен түрдің ішінде бір немесе бірнеше белгілерімен өзгешеленіп тұратын айырмашылықтар жиынтығы.*

**ВАРИКОЗ** [лат. varix] зат. мед. *Қантамырларының өзгеріске ұшырап, кеңеюі, ондағы қан айналымының бұзылуы, тамырдың сыртқа тебуі.*

**ВАРИКОНД** [ағыл. varicond] зат. физ. *Электр өрісі кернеулігіне немесе температураға тәуелді сегнетокерамикалық конденсатор.*

**ВАРИКОТОМИЯ** зат. мед. *Варикоз бар жерді кесу.*

**ВАРИКОФЛЕБИТ** зат. мед. *Варикоздың және тамырдың қабынуы.*

**ВАРИКОЦЕЛЕ** зат. мед. *Енбау венасының варикозы.*

**ВАСКУЛЯРИЗАЦИЯ** зат. мед. *Мүшелерді, дененің бөліктерін қантамырлармен қамтамасыз ету, тамырлану.*

**ВАРИОЛДАР** [лат. variola – шешек, грек. eidos – түр] зат. геол. *Сырт пішіні шешек дақтарына ұқсас, ішкі құрылысы орталық нүктеден жамырай шашыраған немесе бір-бірімен жарыса өрілген жіңішке талшықтардан тұратын, кейбір негізді магмалық, таужыныстарға тән шағын сеппелер.*

**ВАРИОЛИТТЕР** зат. кен. *Құрамында бұршақ дәні шамалас домалақ түзілімдер, яғни вариолдар кезігетін негізді магмалық таужыныстар.*

**ВАРИОМЕТР** [лат. varius – әртүрлі, грек. metron – өлшем] зат. тех. **1.** *Радиотехникада тербеліс контурын баптауға арналған айнымалы индуктивті катушка.* **2.** авиац. *Ұшу апараттарының жоғары көтерілу және төмендеу шапшаңдығын көрсететін аспап.* **3.** геол. *Геофизикалық шамалардың өзгерістерін, мысалы, жер магнетизмін анықтайтын аспап.*

**ВАРИСТОР** [ағыл. varistor] зат. физ. *Берілген кернеу өзгерісіне сәйкес кедергісі өзгеретін шалаөткізгіш резистор.*

**ВАРРАЗ** зат. *Сақа аралар ауруы.*

**ВАРРАНТ** [ағыл. warrant] зат. экон. **1.** *Белгілі бір тауар сақтауға қабылданғаны туралы берілетін тауар қоймасының куәлігі.* **2.** *Белгілі мерзімі өткеннен кейін құнды қағаз иесіне қосымша жеңілдік алуға құқық беретін, құнды қағазбен бірге берілетін қосымша куәлік.*

**ВАРЯГ [ВАРЯГТАР]** [сканд. varingr] зат. тар. **1.** *Скандинавиядан шыққан князьдердің, саудагерлердің жалдамалы әскерлері, адамдары.* **2.** *IX-XI ғасырлардағы Еуропа елдеріне шапқыншылық жасаушы барлық скандинавтық тайпалардың ортақ атауы.*

**ВАРЬЕТЕ** [франц. variete] зат. өнер. **1.** *Музыка, би өнері, оперетта т.б. өнерлері негізіндегі эстрада өнерінің жанры.* **2.** *Осы жанрда өнер көрсететін топ.*

**ВАСКУЛИТ** [лат.vasculum] зат. мед. *Жұқпалы ауру барысында болатын ұсақ қан тамырларының қабынуы.*

**ВАССАЛ** [франц. vassal] зат. тар. **1.** *Өзгеге тәуелді, бағынышты адам не мемлекет.* **2.** *Еуропа елдерінде өзінен ірі феодалға тәуелді болу үстіне соғыс мәселесі жөнінде басқаға бағынышты болған орта ғасыр шонжары, жер-су иесі.*

**ВАССАЛДЫҚ** зат. тар. *Орта ғасырлардағы Батыс Еуропа елдеріндегі кіші феодалдардың ірі феодалдарға тәуелділігі.*

**ВАТЕРЖАКЕТ** [ағыл. waterjacket] зат. кен. *Рудадан мыс, никель, қорғасын құятын шахта пеші.*

**ВАТЕРМАШИНА** зат. тех. *Мақта, кендір, жүн иіретін машина.*

**ВАТЕРПАС** [голл. waterpas] зат. тех. *Құрылыста, ұсталық жұмыстарда жазықтықтағы сызықтың көлбеу қалпын тексеру үшін қолданылатын қарапайым аспап.*

**ВАТЕРПОЛО** [ағыл. water polo] зат. спорт. ***Су полосы*** (су доп ойыны).

**ВАТЕРПОЛШЫ** зат. спорт. *Су добы командасының ойыншысы.*

**ВАТЕРСЫЗЫҚ** зат. тех. *Кеменің қаншалықты суға батып тұруы керектігін көрсететін сызық.*

**ВАТМАН** зат. *Сызу, сурет салу жұмыстарына арналған жоғары сапалы тығыз қағаз.*

**ВАТТ** [ағыл. watt] зат. физ. *Электр қуатын өлшеудегі бірлік.*

**ВАТТМЕТР** зат. физ. *Электр тогының қуатын өлшейтін аспап.*

**ВАТТ-САҒАТ** зат. физ. *Жұмыс пен энергияның жүйеден тыс бірлігі.*

**ВАУЧЕР** [ағыл. voucher] зат. **1.** экон. *Жазбаша кепілхат (куәлік, кепілдік, ұсынысхат); тауарларға немесе көрсетілген қызметтерге ақы төленгенін куәландыратын растама құжат.* **2.** тар. *Кеңестік социалистік Республикалар Одағында қайта құру кезеңінің бас кезінде кең орын алған, иесі мемлекеттік (жалпыхалықтық) меншік бөлігіне құқы бар екендігін растайтын құнды қағаз,жекелендіру чегі.*

**ВАФЛИ** [нем. Waffel] зат. тамақ. *Бидай ұны, жұмыртқа және кілегейден әзірленген сұйық қамырдан дайындалатын, жұқа қытырлақ болып пісетін кондитерлік өнімі.*

**ВАФЛИПІСІРГІШ** зат. *Вафли пісіруге арналған, топсамен біріктірілген, сыртқы жақтары қапталған екі жарты металл қалып, пеш.*

**ВАХМИСТР** [нем. Wachtmeister] зат. әск. тар. *Патша атты әскеріндегі аға унтер – офицерлік шен.*

**ВАХТА**[1] [нем. Wacht] зат. **1.** әск. *Әскери-теңіз флоты кемелеріндегі кезекшіліктің ерекше түрі.* **2.** әск. *Кемеде* в а х т а н ы ң *бір ауысымы кезекшілік атқаратын уақыт аралығы.* **3.** әск. *Кезекті наряд ауысымының құрамы.* **4.** әск. *Кеме экипажы, экспедиция, бригада мүшелері арасындағы кезекшілік жұмыс.* **5.** *Кезекшілік жұмыс уақыты.* **6.** сов. *Белгілі бір үлкен саяси оқиғаның қарсаңында өндіріс өнімдерін арттыру жолындағы жанқиярлық еңбек.*

**ВАХТА**[2] зат. өс. <лат. menyanthes> *Шалшықты жерде, суда өсетін гидрофильдік, үшқұлақ жапырақты өсімдік.*

**ВАХТАЛЫҚ** сын. есім. *Вахтаға[1] қатысты.*

**Вахталық журнал.** *Кеме өмірімен байланысты негізгі оқиғаларды жазуға арналған ресми журнал.*

**ВАХТЕР** [нем. Wachter] зат. *Мекеме, жатақхана, жұмыс орындарындағы күзетші.*

**ВАХТЕРША** зат. сөйл. *Мекемедегі күзетші әйел.*

**ВАХХАБИЗМ** зат. саяс. ***Уақабшылдық.***

**ВАХХАБИТТЕР** зат. саяс. ***Уақабшылдар***

**ВАХХАБШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Уақабшылдық.***

**ВАШГЕРД** [нем. Waschherd] зат. *Құрамында асыл металдар бар құмдарды байытуға арналған, ернеулі еңіс үстел түріндегі шаймалаулық құрылғы.*

**ВЕБ** зат. ақп. *Бүкіл дүниежүзілік желі, әлемдік «Интернет» электрондық тармағынан кеңінен таралатын ақпарат қызметі.*

**ВЕБ-АҚША** зат. инф. *Ғаламторда белгілі бір материал не ойын үшін төленетін қаражат немесес әр тіркелушінің шотындағы қаражат.*

**ВЕБ-ДИЗАЙН** зат. *Ғаламтор ақпараттық ортасы нысандарын дайындап, көркейтуге қызмет жасайтын, оларды тұтынушылық қасиеттермен, эстетикалық сапамен қамтамасыз етуге бағытталған графикалық дизайнның бір түрі.*

**ВЕБ-ДИЗАЙНЕР** зат. кәсіп. *Веб-парақшаның логикалық құрылымын жобалап, ақпаратты берудің ең ыңғайлы шешімдерін ойластыратын, сондай-ақ веб-жобаны көркем безендірумен айналысатын адам.*

**ВЕБ-МАСТЕР** кәсіп. *Веб-сайттарды құрып, оларға қызмет көрсетумен айналысатын маман.*

**ВЕБ-ПРОГРАММАШЫ** кәсіп. *Веб-бағдарламаларды жасайтын адам.*

**ВЕБЕР** зат. физ. *Магнит ағынының және ілініскен (тіркескен) магнит ағыны бірліктерінің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшем бірлігі.*

**Вебер аппараты.** *Кейбір ашық торсылдақты балықтардың (тұқылар, жайындар, жыланбалықтар және т.б.) торсылдағы мен ішкі құлағындағы теңдікті сақтау мүшесін байланыстыратын ерекше мүше.*

**ВЕБЕРМЕТР** зат. физ. *Магнит индукциясы ағынын өлшеуге арналған құрал.*

**ВЕБ-ПАРАҚША** ақп. *Дүниежүзілік желінің веб-браузердің көмегімен кіруге болатын ақпараттық қоры немесе құжаты.*

**ВЕБ-САЙТ** [ағыл. web – желі, site – парақ] зат. инф. *Сайт, компьютерлік желідегі мәтін немесе графикалық аппарат сақталатын гиперсілтемелік құжат.*

**ВЕБ-СЁРФЕР** зат. кәсіп. *Сайттардың сілтемелері арқылы желіде саяхаттап жүрген адам.*

**ВЕБ-ТАКСОФОН** зат. тех. *Ғаламтор қорларына кіруге мүмкіндігі бар және қарапайым телефонның қызметін атқаратын техникалық құрылғы.*

**ВЕГЕТАРИАНДЫҚ** [ағыл. vegetarian] зат. *Вегетарианшылық жолын ұстаушы, яғни асқа тек сүт пен өсімдік тағамдарын пайдаланушы адам.*

**Вегетариандық диета.** *Тек сүт пен өсімдік тағамдары негізіндегі тамақтану әдісі.* **Вегетариандық тағамдар.** *Өсімдік және сүт өнімдерінен тұратын тағамдар.*

**ВЕГЕТАРИАНШЫЛЫҚ** зат. *Өсімдік және сүт тағамдарымен ғана қоректенуді мойындайтын, ет жеуге болмайтын тамақтану жүйесі.*

**ВЕГЕТАТИВТІ** сын. биол. *Вегетацияға қатысты.*

**Вегетативті жүйке жүйесі.** биол. *Адам мен жануарлардың жүйке жүйесінің ішкі ағзалар қызметі.*

**ВЕГЕТАТИВТІК** сын. бот. *Өсімдіктердің сабақ, тамыр, жапырақ сияқты көбею, өсу процесін қамтамасыз ететін мүшелеріне қатысты.*

**Вегетативтік будандастыру.** бот. <лат. vegeto> *Өсімдіктің вегетациялық мүшелерін бір-біріне телу арқылы көбейту.* **Вегетативтік бүршік.** бот. *Ұзарған өркенде орналасатын, сабақ пен жапырақ өсіп шығатын бүршік.* **Вегетативтік көбею.** бот. *Өсімдіктердің жапырақ, сабақ және тамыр сияқты вегетативтік мүшелер арқылы көбеюі.* **Вегетативтік мүшелер.** бот. *Өсімдіктердің қоректену және өсу мүшелері.*

**ВЕГЕТАЦИЯ** [лат. vegetatio] зат. бот. *Өсімдіктің өсіп жетілу кезеңі.*

**ВЕГЕТАЦИЯЛЫҚ** сын. бот. *Вегетацияға қатысты.*

**Вегетациялық ағаштар.** бот. *Шығу тегі вегетативті ағаштардан құралған ағаштар.* **Вегетациялық әдіс.** *Әртүрлі түрткі – жайттардың өсімдіктердің өсіп-дамуына тигізетін әсерлерін анықтауға бағытталған ғылыми-зерттеу тәжірибесі.* **Вегетациялық мерзім.** бот. а) *Метеорологиялық жағдайға сай өсімдіктердің өсіп, жетілуіне мүмкіндік беретін жыл кезеңі.* ә) *Өсімдіктің жетілуіндегі толық циклды өтуіне қажет уақыт.* **Вегетациялық суару.** *Даму кезеңіндегі суару.*

**ВЕДАЛАР** [санскр. veda] зат. тар. *Ежелгі үнді әдебиетінің б.д.д. II г. аяғы – VII г. басындағы ескерткіштері, ведизм уағыздары, діни гимндер, дұғалар мен мифтердің жинағы.*

**ВЕДАЛЫҚ** сын. *Ведаға қатысты.*

**Ведалық дін.** *Солтүстік Үндістан жеріндегі брахманизм мен индуизмге негіз болған өте көне дін түрі.*

**ВЕДАНТА** дін. *Индуизмның киелі мәтіндеріне негізделген «Құдай және әлем», «Құдай және адам жаны» байланыстарын әртүрлі түсіндіретін, бірнеше мектептерден тұратын индиялық діндік-философиялық жүйе.*

**ВЕДИЗМ** дін. *Солтүстік Үндістанда қалыптасқан, брахманизмнен бұрын пайда болып, сонымен қатар индуизмның пайда болуына негіз болған ең ежелгі діндердің бірі.*

**ВЕДОМСТВО** зат. *Мекеменің құрамына енетін түрлі қызметтер мен ұйымдардың жалпы атауы.*

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ** сын. *Ведомствоға қарасты.*

**ВЕДОМОСТЬ** зат. *Белгілі бір есеп-қисап, мәлімет жайындағы тізім.*

**ВЕЗДЕХОД** зат. тех. *Жолсыз жерлерде жүре беретін машина.*

**ВЕЗИКУЛА** [лат. vesicula] зат. мед. **1.** *Күлдіреуік (тері мен кілегей қабықтың үстіңгі деңгейінен томпиып шығып тұратын, іші мөлдір, не сұйыққа толы терінің қолдырауы).* **2.** *Ағзада (өкпеде) пайда болатын көпіршіктер.*

**ВЕЗИКУЛИТ** зат. мед. *Ұрық көпіршіктерінің қабынуы.*

**ВЕЗУВИАН** зат. кен. *Силикаттар табының минералы.*

**ВЕЙКБОРД** зат. спорт. *Спорттың экстремалды түрі: арнайы троспен бекітілген спортшының катердің артында пайда болатын толқынында жалпақ, қысқа тақта үстінде әртүрлі трюктер жасауы.*

**ВЕЙКБОРДИНГ** зат. спорт. *Су шаңғысына ұқсайтын, бірақ ұштары кесіліп бекітілген серфқа ұқсайтын, арнайы шаңғы қолданылатын су спортының бір түрі.*

**ВЕЙСМАНИЗМ** зат. биол. *Органикалық дүниенің дамуы жөнінде материалистік теорияға қарсы күресте болған биология ғылымындағы кертартпа-идеалистік, мистикалық бағыт.*

**ВЕКСЕЛЬ** [нем. Wechsel] зат. қаржы. *Халықаралық саудадағы төлем міндеттемесінің кең тараған формасы; заң бойынша белгіленген үлгіде толтырылған құжат.*

**Вексель айналысы.** экон. *Ақша орнына жүретін вексельдің жеткізушілер мен төлемшілер арасындағы айналыс аясындағы қозғалысы.* **Вексель валютасы.** экон. *Вексель бойынша төленетін борышқорлық міндеттеме сомасы.* **Вексель дисконты.** экон. *Вексельді қолданыс мерзімінен бұрын атаулы құнынан төмен бағаға сатып алу; банктердің вексельдерді сатып алу (есепке алу) кезінде өндіріп алатын есептік пайызы.* **Вексель есебі.** экон. *Вексельді қолданылу мерзімінен бұрын атаулы құнынан төмен бағаға сатып алу; банктің вексель ұстаушыға, яғни вексельді алушы адамға вексельде көрсетілген соманы мерзімінен бұрын төлеу арқылы несие беру нысаны.* **Вексель қоржыны.** экон. *Белгілі бір сәтте банктің немесе кәсіпорынның билігіндегі вексельдердің жиынтығы.* **Вексель несиесі.** экон. *Банк вексельді мерзімінен бұрын сатып алып, ал вексель ұстаушыға есептік пайыз (дисконт) бен банк комиссиясын шегеріп, вексельде көрсетілген сома мөлшерінде несие беретін коммерциялық несие түрі.*

**ВЕКСЕЛЬДІК** сын. экон. *Вексельге қатысты.*

**Вексельдік айналым.** экон. *Ақша орнына жүретін вексельдің жеткізушілер мен төлемшілер арасындағы айналыс аясындағы қозғалысы.* **Вексельдік несие.** экон. *Вексельде көрсетілген соманы күні бұрын төлеу үшін банктің вексель ұстаушыларға несие беру түрі.* **Вексельдік операциялар.** экон. *Вексельдерді қолма-қол ақшаға айырбастау операциялары.*

**ВЕКТОР** [лат. vector] зат. мат. *Сан жағынан ғана емес, амалының бағыты жөнінен де сипатталатын математикалық шама; бағытталған түзу кесінді.*

**ВЕКТОРЛЫҚ** сын. физ. **1.** *Векторға тән.* **2.** вет. *Індеттің табиғи ошағындағы ауруды таратушы жәндіктер түрлерінің санын білдіретін ұғым.*

**Векторлық алгебра.** мат. *Векторлық, есептеудің векторларға қолданылатын амалдарды (операцияларды) зерттейтін бөлімі.* **Векторлық есептеу.** мат. *Математиканың векторға қолданылатын амалдарының (операцияларының) қасиеттерін зерттейтін саласы.* **Векторлық кеңістік.** мат. *Сызықтық кеңістік; 3 өлшемді кеңістіктің барлық (еркін) векторлар жиынтығын жалпылайтын ұғым.* **Векторлық өндеу.** *Әртүрлі екі вектордың бір типті элементтерінің қосағын бір мезгілде өңдейтін параллель есептеулер тәсілі.* **Векторлық талдау.** мат. *Векторлық есептеудің бір не бірнеше аргументтерге (векторлық өріс пен скалярлық өрістің) тәуелді векторлық және скалярлық функцияларды математикалық талдаудың (анализдің) тәсілдерімен зерттейтін бөлімі.*

**ВЕЛИГЕР** зат. *Моллюскалардың түрі өзгертілген трохофорлық дернәсілі.*

**ВЕЛЕНТ: Велентті электрондар.** хим. *Химиялық байланыстар түзуге қатысатын немесе қатыса алатын нуклидті-электрондық жүйелердің электрондары.*

**ВЕЛЕНЬ** [франц. velin] зат. *Бағалы құжаттарды басып шығаруға, орап сақтап қоюға қолданылатын, бұзаудың терісінен жасалған, май және дымқылдықты өткізбейтін жоғарғы сұрыпты сапалы қағаз.*

**ВЕЛО...** [лат. velox ] зат. спорт. *Велосипед сөзіне қатысты күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ВЕЛОАРҒЫМАҚ** зат. спорт. окказ. стиль. *Велосипед.*

**ВЕЛОӘУЕСҚОЙ** зат. *Велосипед тебуге әуес, қызығушы адам.*

**ВЕЛОДРОМ** [франц. velodrome] зат. спорт. *Велосипед жарысы өтетін алаң.*

**ВЕЛОЭРГОМЕТР** зат. мед. *Бұлшық етке мөлшерлі жүктеме түсіріп тексеруге арналған құрал.*

**ВЕЛОМАУСЫМ** зат. спорт. *Велосипедшілер жарысатын уақыт.*

**ВЕЛОСАПАР** зат. спорт. *Велосипедпен ұзақ жолға сапар шегу; спорт түрі.*

**ВЕЛОСИМЕТР** зат. физ. *Ультрадыбыстық жиіліктер диапозонында қатты денелердің тербелу жылдамдығын өлшеу үшін, тербелістерді зертеу үшін қолданылатын электромеханикалық аспап.*

**ВЕЛОСИПЕД** [франц. velocipede] зат. *Аяқпен жүргізетін екі я үш дөңгелекті жеңіл машина.*

**Велосипед тебу.** *Аяқпен жүретін жеңіл мәшинені жүргізіп үйрену немесе тиісті жеріне жету үшін оны қозғалысқа түсіру.*

**ВЕЛОСИПЕДШІ** зат. *Велосипедті жақсы жүргізетін, велосипедпен жүру өнерін меңгерген спортшы, адам.*

**ВЕЛОСПОРТ** зат. спорт. *Велосипед спорты; велосипед мініп орындалатын спорттық жарыстар мен ойындар жиынтығы.*

**ВЕЛОТРЕК** зат. спорт. *Велосипедпен жарысуға ыңғайлап салынған айналмалы жолы бар құрылысжайы.*

**ВЕЛОТУР** зат. спорт. *Велосипедшілер жарысы.*

**ВЕЛОШАБАНДОЗ** зат. спорт. *Велосипед айдаудан спорт шебері.*

**ВЕЛОШЕРУ** зат. спорт. *Велосипедшілер көші.*

**ВЕЛЬБОТ** зат. балықшар. *Сүйір тұмсық, ұзынша келген кит аулайтын шағын қайық.*

**ВЕЛЬВЕТ** [ағыл. velvet] зат. *Мақтадан тоқылған шибарқыт, кеңірдек барқыт.*

**ВЕЛЬВЕТКА** зат. *Шибарқыттан тігілген кеудеше.*

**ВЕЛЬЦТЕУ** [нем. Walzen] зат. металл. *Металлургия өндірісіндегі полиметалл қалдықтарын (қорғасын, мыс және қалайы өндірістерінің шлактарын, мырыш өндірісінің қатты қалдықтарын) қайта қорытып, олардың құрамындағы құнды металдарды ажыратып алу үшін қолданылатын қайта өңдеу процесі.*

**ВЕЛЮР** [франц. velours] зат. **1.** *Драптың, барқыттың, пүліштің сапалы түрі.* **2.** *Жеңіл аяқ киімдер тігілетін замшаға ұқсас, жұмсақ, тығыз былғары.*

**ВЕЛЯРЛАН=** ет. [лат. velaris ] лингв. *Тіл артының артқы жұмсақ таңдайға жақындауынан пайда болатын қосымша артикуляцияның шығуы.*

**ВЕЛЯРЛАНУ** *Велярлан етістігінің қимыл атауы.*

**ВЕНА** [лат. vena] зат. мед. ***Көктамыр.***

**Вена қолтығы.** зоол. *Көктамыр қолтығы (омыртқалы жануарлардың жүректің жүрекшесіне ашылатын, қабырғасы жұқа болатын артқы бөлігі).*

**ВЕНАЛЫҚ** сын. *Венаға жататын.*

**ВЕНГЕРКА**[1] зат. сөйл. *Сопақша келген қара өріктің түрі.*

**ВЕНГЕРКА**[2] зат. муз. *Чардаш-венгр халық биіне тән қимылдар мен әуендер негіз болған би; осы бидің музыкасы*

**ВЕНГЕРКА**[3] зат. тар. *Қарама-қарсылы баумен безендірілген қысқа гусар кеудешесі.*

**ВЕНГР** зат. *Венгрия (Мажарстан) елінің байырғы халқы, негізгі тұрғыны.*

**Венгр тілі**. *Орал-алтай тілдер шоғырының финн-угор тармағы, угор тобына жататын тіл.*

**ВЕНД: венд кешені.** кен. *Палеозой эрасында ягни кембрий кезеңіне дейін түзілген таужыныс бірлестіктерінің ішіндегі ең жасы.*

**ВЕНДЕТТА** [итал. vendetta] зат. тар. *Корсика және Сардиния аралдарында орын алған, қанға қанмен кек қайтару дәстүрі.*

**ВЕНЕДТЕР** [лат. venedi] зат. *Ежелгі тайпа атауы.*

**ВЕНЕПУНЦИЯ** зат. мед. *Венаға ине енгізу, венаны тесу.*

**ВЕНЕРА** [лат. Venus] зат. миф. **1.** *Ежелгі Рим мифологиясында махаббат пен сұлулықтың әйел Құдайы; ежелгі грек мифологиясындағы Афродита;* **2.** астр. *Шолпан жұлдызының римдіктерше атауы.*

**Венералық аурулар**. мед. <лат. venus (veneris)> *Негізінен жыныстық қатынас арқылы берілетін жұқпалы аурулардың жиынтық атауы.*

**ВЕНЕРОЛОГ** зат. мед. *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды емдейтін дәрігер.*

**ВЕНЕРОЛОГИЯ** [лат. venus – махаббат құдайы, грек, logos – ілім] зат. мед. *Клиникалық медицинаның жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды зерттейтін саласы.*

**ВЕНЕСЕКЦИЯ** зат. мед. *Венаны жару.*

**ВЕНЗЕЛЬ** [поляк. wezel] зат. *Кісі есімі мен фамилиясының бас әріптері қосарланып өрілген өрнек.*

**ВЕНОК** зат. *Гүлтәж (тірі не өлі гүлдердің сабақ, жапырақтарынан және гүлімен косып шеңбер бойымен орап өрілген, орыс, т.б. халықтардың салты бойынша зират басына ресми түрде қойылатын гүл шоғыры).*

**ВЕНОСПОНДИЛОГРАФИЯ** зат. мед. *Омыртқа веналарын рентгенге түсіру.*

**ВЕНОЭКСТРАКТОР** зат. мед. *Варикоз болған веналарды кесетін хирургиялық аспап.*

**ВЕНТИЛЬ** [нем. Ventil] зат. **1.** тех. *Сұйықтық, бу, газдың жұмсалуын реттейтін, тоқтататын жапқыш, қалпақша, құлақша.* **2.** муз. *Үрмелі музыка аспаптарында дыбыстың мөлшерін реттейтін қалпақша.* **3.** энерг. *Токты бір бағытқа жіберіп тұратын құрылғы.* **4.** инф. [ағыл. gate] *Конъюкция амалын жүзеге асыратын электронды құрылғы.*

**ВЕНТИЛЯТОР** [лат. ventilare] зат. тех. ***Желдеткіш*** (ауаны тазартатын және қозғалтқыштарды салқындататын құрылғы).

**ВЕНТИЛЯЦИЯ** [лат. ventilatio] зат. **1.** тех. *Үйдің, т.б. жайдың ауасын алмастырып, тазартып-желдетіп тұратын жүйе.* **2.** мед. *Өкпедегі ауа алмасу процесі.*

**ВЕНТРИКУЛИТ** зат. мед. *Ми қарыншаларының қабырғасының қабынуы.*

**ВЕНТРОЛОГ** зат. *Аузын ашпай, еріндерін қимылдатпай «ішкі даусымен» сөйлеу қабілеті бар адам; кісінің ойын алдын ала айта алатын адам.*

**ВЕНТРОФИКСАЦИЯ** зат. мед. *Ішкі мүшелерді қалыпты орнына келтіріп, құрсақ қабырғасына бекіту операцияларының жалпы аты.*

**ВЕНЧУР** [ағыл. venture] зат. экон. *Пайдалы, бірақ келешек нәтижесі белгісіз коммерциялық іс-әрекетке тәуекел жасау.*

**ВЕНЧУРЛІК** сын. экон. *Венчурге қатысты.*

**Венчурлік [тәуекелдік] бизнес.** экон. *Техникалық, технологиялық жаңалықтарды, әлі тәжірибеден өтпеген ғылым жетістіктерін іс жүзінде қолдануға бағытталған бизнестің түрі.* **Венчурлік капитал.** экон. *«Тәуекелді» жобамен жасалған жаңа технологияны, тауарларды, бұйымдарды игеру үшін бөлінген ұзақ мерзімдік қаржы (инвестиция).* **Венчурлік кәсіпкерлігі.** экон. *Пайда табу, кәсіпкерлік және ұйымдастырушылық түсімді молайту мақсатымен «тәуекелді» жобаны жүзеге асыру қызметі.* **Венчурлік [тәуекелшіл] кәсіпорындар.** экон. *Қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізіп, жоба-конструкторлық қызметтер орындап, техникалық, технологиялық жаңалықтар енгізумен шұғылданатын шағын кәсіпорындар мен фирмалар.* **Венчурлік операциялар.** экон. *Техника жаңалықтарын, ғылымитехникалық зерттеулерді, өнертабыстарды несиелеу мен қаржыландыруға байланысты ақша және құнды қағаздар операциялары.* **Венчурлік фирма.** экон. *Венчурлік (тәуекелдік) капиталды пайдалану негізінде өндірісте өнімнің жаңа түрлерін жасап, игеруге, жаңа технологияларды қолдануға маманданған коммерциялық, ғылымитехникалық ұйым.*

**ВЕПСТЕР** зат. *Ресей Федерациясындағы Карелия Республикасында және Петербор, Вологда облыстарының кей жерлерінде тұратын халық.*

**ВЕРАНДА** [ағыл. veranda] зат. ***Ауызүй*** *(үй қабырғасына жапсыра салынған жан-жағы ашық немесе терезеленген жай).*

**ВЕРАНДАЛЫ** сын. *Ауызүйі, верандасы бар.*

**ВЕРАТИН** зат. мед. *Суда ерімейтін, бірақ спиртте жақсы еритін ащқылтым ұнтақ, ақ дәрі.*

**ВЕРБАЛДАН=** [лат. verbalis] ет. **1.** лингв. *Өзге сөз таптарының етістікке өтуі.* **2.** *Ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы, сөзге айналуы.*

**ВЕРБАЛДАНУ** *Вербалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ВЕРБАЛИЗМ** зат. фил. *Бос сөз; нағыз білім немесе ұтымды ой болмағанда ғылыми терминдерді пайдаланып жасыру, бүркемелеу.*

**ВЕРБАЛЬДЫ** [лат. verbalis] сын. лингв. *Сөз түрінде берілген, тіл арқылы таңбаланған.*

**ВЕРБИГЕРАЦИЯ** зат. мед. *Бір сөзді, одағайларды қайталап айта беретін психикалық бұзылыс.*

**ВЕРБОВ: вербов бинті.** зат. мед. *Күшену кезіндегі әлсіздікті күшейту мақсатында қолданылатын құрсақ іштартпасы.*

**ВЕРГЕНТТІК** зат. геол. *Қатпарлы құрылымдар өңіріндегі таужыныс бірлестіктерінің сығылып-жанышталуынан болатын жылжу бағыты.*

**ВЕРИЗМ** [итал. verismo] зат. көркем өнер. *Күнделікті өмірді шыншылдықпен бейнелеуге ұмтылатын бағыт.*

**ВЕРИФИКАЦИОНИЗМ** зат. мәд. *Ғылыми ақиқат, оның деректері эмпирикалық тексеру арқылы айқындалады деген әдістемелік концепция.*

**ВЕРИФИКАЦИЯ** [франц. verification] зат. *Теориялық қағидалардың шынайылығын тексеру, растықты бақыланатын нысандармен, тәжірибемен жалғастыру жолымен анықтау; құжаттарды, есептерді т.б. тексеру.*

**ВЕРИФИКАЦИЯЛАУ** [ағыл. verification] зат. инф. **1.** *Логикалық әдістердің көмегімен жіберілген және қабылданған ақпараттың сәйкестігін анықтау; бағдарламаның өзінің сипаттамасына сәйкестігін дәлелдеу.* **2.** *Есептеуіш техника құралдарының немесе автоматтандырылған жүйелер сипаттамаларының екі деңгейін тиісті сәйкестікке сай салыстыру процесі.*

**ВЕРКБЛЕЙ** [нем. Werkblei] зат. геол. *Тазартылмаған қорғасын; қорғасын кентасын немесе агломератты қорыту кезінде алынатын қорғасынның басқа металдармен қоспасы.*

**ВЕРЛИБР** [франц. vers libre] өнер. *Тұрақты ұйқасы жоқ, белгілі ырғақтармен байланыспаған, интонация-синтаксистік негізде ұйқаспаған өлең түрі (өлең жолдарында буын мен екпін ескерілмейтін еркін өлең).*

**ВЕРМАХТ** [нем. Wehrmacht] зат. тар. *1935-1945 жылдардағы фашистік Германия қарулы күштерінің ресми аты.*

**ВЕРМИКУЛИТ** [лат. vermiculite] зат. кен. *Силикаттар табының гидрослюдалар тобындағы минерал.*

**ВЕРМИЦИД** зат. ауылшар. *Зиянкес құрттарды жоятын препараттар жиынтығы.*

**ВЕРМИШЕЛЬ** [ит. vermicelli] зат. тамақ. *Жіңішке, жұмыр кеспе сорты.*

**ВЕРМУТ** [нем. Wermut] зат. тамақ. *Спирт, қант және өсімдіктер (жусан, аюбадам, кардамон және т.б.) тұнбасынан (экстрактынан) әзірленген, хош иісті жүзім шарабы.*

**ВЕРНИСАЖ** [франц. vernissage] зат. *Суретшілер, мәдениет пен өнер қызметкерлері, журналистер, өнер сүйер қауым арнайы шақырылатын көрменің салтанатты ашылу рәсімі.*

**ВЕРНЬЕР** зат. *Радиоаппаратураны жұмыс істеу күйіне келтіруге арналған құрылғы.*

**ВЕРП** [голл. werp] зат. *Кемені бір жерден екінші жерге жылжыту немесе қайырдан тартып жылжыту үшін қолданылатын көмекші зәкір.*

**ВЕРСИФИКАТОР** [лат. versificator] кәсіп. *Ақындық дарыны жоқ, бірақ өлең жазу техникасын білетін адам.*

**ВЕРСИЯ** [лат. versio] зат. **1.** *Құбылысты, бір нәрсенің мазмұнын жеткізудің, түсіндірудің нұсқалары.* **2.** лингв. *Қимылдың субъектіге немесе жанама объектіге қатысын білдіретін грузин, абхаз тілдерінде кездесетін етістіктің грамматикалық категориясы.*

**ВЕРСТАК** [нем. Werkstatt] зат. тех. ***Шеберүстел*** *(ағаш, темір материалдарды өңдеу үшін қолайлы етіп жасалған жұмыс үстелі).*

**ВЕРСТАТКА** зат. полигр. ***Беттеуіш*** *(баспаханада әріптерді жинап тізуге қажет аспап).*

**ВЕРСТКА** зат. полигр. ***Беттеу*** *(баспа жұмысындағы терілген сөздерді полиграфияға сай беттеу, бет-бетке дұрыстап орналастыру процесі).*

**ВЕРСТКАЛА=** ет. ***Бетте*** *(баспаханада теріліп жатқан жұмысты бет-бетке бөлу).*

**ВЕРСТКАЛАУ** ***Беттеу*** *(версткала етістігінің қимыл атауы).*

**ВЕРТЕБРОЛОГИЯ** мед. *Адамның омыртқа ауруларын зерттейтін медицинаның бір тарауы.*

**ВЕРТЕБРОНЕВРОЛОГ** мед. *Вертеброневрология бойынша маман, дәрігер.*

**ВЕРТЕБРОНЕВРОЛОГИЯ** мед. *Адамның омыртқа ауруларын зерттейтін медицинаның бір бөлімі.*

**ВЕРТИКАЛ** [лат. verticalis] сын. астр. *Зенит пен надир нүктесі арқылы өтетін аспан сферасының үлкен дөңгелегі.*

**ВЕРТИКАЛЬ** [лат. verticalis] сын. мат. *Тік, тік сызық, тік бағыт.*

**Вертикаль бұрыш.** геом. *Қабырғалары екінші бұрыш қабырғаларының созындылары болып табылатын бұрыш.* **Вертикаль меню.** инф. <ағыл. vertical menu> *Элементтері бірінің астына бірі тіке орналасқан меню.*

**ВЕРТИКАЛЬДЫ** [лат. verticalis] сын. **1.** *Тіп-тік, тік.* **2.** ауыс. *Ұзына бойынан, бірінен-бірі туындаған, біріне-бірі селбескен.*

**Вертикальды маркетинг жүйесі.** инф. <ағыл. vertical marketing system> *Өндірушінің бір немесе бірнеше көтерме сауда жасаушылар мен бір немесе бірнеше бөлшек сауда жасаушыларды біріктіретін біртұтас жүйе.*

**ВЕРТЛЮГ** зат. геол. *Механизмнің екі бөлігін бір-біріне тәуелсіз өз осі төңірегінде айналуға мүмкіндік беретін жалғастырушы буын.*

**ВЕРТОЛЕТ** зат. ***Тікұшақ.***

**ВЕРТУШКА** зат. сөйл. *Тікелей байланысатын ішкі телефон.*

**ВЕРФЬ** [голл. werf] зат. *Кемелерді жасайтын және жөндейтін орын.*

**ВЕСТА** зат. **1.** *Ежелгі Рим мифологиясында үй ошағының, оттың құдайы.* **2.** *Кішкентай планета атауы.*

**ВЕСТЕРН** [ағыл. western] зат. өнер. *Американың солтүстік-батыс штаттарын алғашқы қоныстанушыларының шытырман оқиғаға толы өмірін суреттейтін әдеби шығарма және кинофильм.*

**ВЕСТЕРНИЗАЦИЯ** зат. мәд. *Батыс мәдениеті үлгілерін қабылдау, басқа мәдениеттердің батыстандырылуы немесе батыстық донор мәдениеттен реципиент ретінде жеке құндылықтарды қабылдауы.*

**ВЕСТИБУЛИТ** зат. мед. *Қынап кіреберісінің шырышты қабығының қабынуы.*

**ВЕСТИБУЛЯРЛЫ:** [лат. vestibulum] **вестибулярлы аппарат.** анат. *Адамның және омыртқалылардың құлағының ішінде орналасқан сезіну мүшесі.*

**ВЕСТИБЮЛЬ** [франц. vestibule] зат. *Мекеме орындарының, мәдениет үйлерінің кіреберісіндегі кең жай, зал.*

**Вестон элементі.** хим. *Электр қозғаушы күштерінің температуралық коэффициентінің аздығымен және ұзақ уақыт бойы аса тұрақтылығымен ерекшеленетін гальвани элементі.*

**ВЕТЕРИНАР** зат. вет. *Мал ауруларын емдейтін маман.*

**ВЕТЕРИНАРИЯ** [лат. veterinarius] зат. *Мал ағзасының құрылысын, сау және ауру мал ағзасының тіршілік заңдылықтарын, мал ауруларының себептерін және оларды емдеу әдістерін үйрететін, сонымен қатар осы ауруларды болдырмау, алдын алу және сақтану шараларын зерттейтін ғылым.*

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ** сын. *Ветеринарияға қатысты.*

**Ветеринариялық бақылау.** вет. *Мал фермалары, кешендері, құс фабрикалары, ет комбинаттары, сүт зауыттары және т.б. мал өнімдерін дайындайтын мекемелерді үнемі мемлекеттік, өндірістік ветеринариялық – тазалығын қадағалайтын тәртіп.* **Ветеринариялық куәлік.** вет. *Етке өткізілетін малға, сондай-ақ әртүрлі көлікпен тасылатын малға, мал өнімдеріне берілетін, адамдардың жеуіне жарамдылығын білдіретін құжат.* **Ветеринариялық пункт.** вет. *Мал фермалары мен мал шаруашылығы кешендерінде профилактикалық және ветеринариялық шаралар жүргізілетін орын.*

**ВЕТО** [лат. veto] зат. заң. *Қандай да бір шешімге құқықтық билігі бар органның немесе тұлғаның жазбаша яки ауызша тыйым салуы.*

**ВЕТТЕХНИК** зат. вет. *Орта дәрежелі арнайы ветеринариялық білімі бар мал шаруашылығы маманы.*

**ВЕТФЕЛЬДШЕР** зат. вет. *Орта дәрежелі арнайы білімі бар, мал дәрігерінің көмекшісі.*

**ВЕЯЛКА** зат. ауылшар. *Ұшырғыш,бидай ұшыратын (суыратын) ауыл шаруашылығы машинасы.*

**ВЗВОД** зат. әск. *Ротаның, эскадронның немесе батареяның негізгі құрамындағы әскері,тактикалық бөлімше.*

**ВЗВОДТЫҚ** сын. әск. *Взводқа қатысты, взводқа тән.*

**ВИАДУК** [франц. viaduc] зат. *Ойпат, терең сай, жыра, өзек, тау шатқалдары үстінен өтетін көпір, теміржол, т.б. жолдар.*

**ВИБРАНТ** зат. лингв. *Белсенді сөйлеу мүшелерінің (тіс алдының, кішкене таңдайдағы тілшенің, кейде еріннің) ритмикалық діріл нәтижесінде пайда болатын дірілді, созылыңқы сонор (үнді) дауыссыздар.*

**ВИБРАТОР** [лат. vibrare] зат. физ. *Аспаптың немесе аппараттың бірқалыпты электромагнитті, механикалық, т.б. тербеліс жасап тұратын бөлімі.*

**ВИБРАТОРЛЫҚ** сын. *Дірілге қатысты, вибрациядан шығатын.*

**ВИБРАФОН** зат. *Екі қатар металл пластинкалардан тұратын, арнайы таяқшалармен ұрғанда өзгеше дыбыстар шығаратын соқпалы музыкалық аспап.*

**ВИБРАЦИЯ** [лат. vibratio] зат. **1.** тех. *Дененің ырғақты тербелісінен пайда болатын діріл.* **2.** муз. *Музыкалық, аспаптарды ойнағанда не ән салғанда дыбыстың дірілдеп шығуы.*

**ВИБРИОЗ** [лат. vibriosis] зат. вет. *Мүйізді ірі қара мен қойдың әлсін-әлсін іш тастап, қысыр қалатын жұқпалы ауруы.*

**ВИБРИОН** [франц. vibrion] зат. биол. *Оба ауруын қоздыратын имек таяқша тәрізді бактерия.*

**ВИБРО...** [лат. vibrare] *Вибрацияларға, тербелістерге қатысы бар күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ВИБРОГРАФ** тех. *Тербелетін заттардың қозғалысын өлшейтін, өздігінен жазатын электромеханикалық аспап.*

**ВИБРОМЕТР** тех. *Тербелістерді зерттеуге арналған электромеханикалық аспап.*

**ВИБРОТЕРАПИЯ** мед. *Механикалық тербелістерді – вибрацияларды емдеу мақсатында пайдалану.*

**ВИБРОТОН** тех. *Массаж жасауға арналған құрал.*

**ВИВАРИЙ** [лат. vivarium] зоол. *Ғылыми мақсатта және биологиялық сынамалар үшін зертханалық жануарларды ұстайтын және өсіретін бөлме.*

**ВИВАТ** [лат. vivat] зат. *Жасасын! – деген мағынада; қуанышты сәлемдесу.*

**ВИВИПАРИЯ** [лат. viviparus] биол. *Ұрықтың аналық организмінде дамуымен, жатыр арқылы анасынан қорек алуымен сипатталатын, қарапайым организмдердің өзінен кейін ұрпақ қалдыру түрі.*

**ВИД** зат. лингв. ***Түр*** *(қопармалы тілдердің грамматикалық құрылысына тән аспект, қимыл-әрекет түрлерін білдіретін категория).*

**ВИГВАМ** зат. этн. *Төбесі шаңырақ тәрізді немесе шошақ келетін, бұтақ және терілермен көмкерілетін Солтүстік Америка үндістерінің тұрағы, баспанасы.*

**ВИДЕО...** [лат. video] тех. *Бейне (магниттік ақпарат тасушылар арқылы түрлі бейнені жасатын, көрсететін техникалық құралдардың атауына қатысты күрделі сөздің бірінші бөлігі).*

**ВИДЕОАДАПТЕР** зат. тех. ***Бейнеадаптер*** *(ақпаратты дисплейге аударуды қамтамасыз етіп тұратын компьютер құрылғысы).*

**ВИДЕОАҚПАРАТ** инф. *Мониторға немесе теледидар экрандарына шығарылатын ақпараттар.*

**ВИДЕОАППАРАТУРА** тех. *Бейнені жазу, өңдеу, көру және видеофильмдерді көрермендерге ұсынуға қызмет жасайтын техника атауы.*

**ВИДЕОБИЗНЕС** зат. *Видеофильмдерді түсіріп, көрерменге таратумен айналысатын кәсіпкерліктің бір түрі.*

**ВИДЕОБЛАСТЕР** зат. *Компьютердегі бейне, белгілерді кіргізіп шығаратын құрылым.*

**ВИДЕОВЕРСИЯ** зат. *Қандай да бір фильмнің немесе роликтің екінші нұсқасы.*

**ВИДЕОДИСК** зат. тех. ***Бейнетабақ*** *(бейне жазылған жоғары сапалы шағын пластикалық табақша).*

**ВИДЕОЖОКЕЙ** зат. *Телекөрсетілімде музыкалық көңіл көтеру бағдарламасын жүргізуші.*

**ВИДЕОЗАЛ** зат. *Видеофильмдерді көрсетуге арналған бөлме.*

**ВИДЕОЖАЗБА** зат. *Берілген бейнеақпаратты экран бетінде көрсету үшін магниттік таспа немесе оптикалық дискі жазу ісі.*

**ВИДЕОЖҮЙЕ** зат. *Бейнежазбаны көрсету және көбейту үшін жиынтығы видеомагнитофон немесе қосымша бейне жабдығы бар теледидар түріндегі аппаратура.*

**ВИДЕОИНДУСТРИЯ** зат. *Видеофильмдерді түсіру, жазу және сатуға қатысты өнеркәсіптің бір тармағы.*

**ВИДЕОКАМЕРА** зат. *Бейнелі ақпаратты және оның дыбыстық сүйемелденуін бейнетаспаға жазып, жазылғанды қайта көруге мүмкіндік беретін құрылғы.*

**ВИДЕОКАНАЛ** зат. *Бейнелі ақпаратты беруді және қабылдауды қамтамасыз ететін электрбайланыс арнасы.*

**ВИДЕОКАРТА** зат. *Бейнелі суреттерді сандық белгілерге айналдырып, монитор бетіне шығаратын құрал.*

**ВИДЕОКАССЕТА** зат. *Дыбыс және бейнелік ақпаратты магниттік таспаға жазу мен көрсетуге арналған кассета.*

**ВИДЕОКЛИП** [ағыл. videoclip] зат. муз. *Бейнеклип.*

**ВИДЕОКОЛЛЕКЦИЯ** зат. *Қандай да бір тақырыпқа қатысты видеофильмдер жиынтығы, бейне топтама.*

**ВИДЕОКОНТРОЛЛЕР** зат. *Бейнекескіндердің VGA стандарты параметрлерімен экранда бейнеленуі және бейнекескіндерді (NTSC стандартының талабына сәйкес) жазу жұмысын жасақтайтын басқарушы.*

**ВИДОЕКӨШІРМЕ** зат. *Видеофильмнің немесе бейнежазбаның көшірмесі.*

**ВИДЕОҚАТАР** зат. *Кино немесе бейнетаспадағы дыбыс сүйемелдеуінен ерекшеленетін магниттік дискіге түсірілген суреттердің орналасу реттілігі.*

**ВИДЕОМАГНИТОФОН** зат. тех. ***Бейнемагнитофон*** *(бейнекамераның көмегімен бейнетаспаға жазылған, көрінетін және дыбысы бар көріністі экранда көрсетуге арналған аппарат).*

**ВИДЕОМАН** зат. *Видеофильмдер көруді өте жақсы көретін адам.*

**ВИДЕОМАТЕРИАЛ** зат. *Оқыту құралдарының экранда көрсетілетін бейне жазбасы.*

**ВИДЕОМОНИТОР** зат. *Теледидар, компьютер сияқты құрылғылардың экраны.*

**ВИДЕОНАРЫҚ** зат. *Видео өнімдерінің тауарлық айналу саласы.*

**ВИДЕООЙЫН** зат. *Қосымша ойын жабдықтары көмегімен теледидар экранына шығарылатын компьютерлік ойынның түрі.*

**ВИДЕОПИРАТ** зат. *Бейнетаспа авторларының құқығын бұзып, бейнетаспаны заңсыз түрде көбейтіп тарататын адам.*

**ВИДЕОПЛАТА** зат. *Бейнесуреттерді сандық белгілерге айналдырып, монитор бетіне шығаратын құрал.*

**ВИДЕОПЛЕЕР** [ағыл. videoplayer] зат. тех. ***Бейнеплеер*** *(бейнетаспалардан дайын бейнефильмдерді көрсетуге арналған тұрмыстық кассеталы бейнеомагнитофон).*

**ВИДЕОРЕПОРТАЖ** зат. *Қандай да бір ақпараттық телебағдарлама үшін нақты оқиғалар жайлы түсірілген қысқаша видеофильм.*

**ВИДОЕРЕГИСТРАТОР** зат. *Бейнежазбаларды түсіріп сақтайтын арнайы құрылғы.*

**ВИДЕОРОЛИК** зат. тех. ***Бейнешығармашылық*** *(бейнетаспаға жазылған шағын сюжет немесе музыкалық, шығарма).*

**ВИДЕОСИГНАЛ** зат. *Теледидарда, радиолокацияда, факсимилді байланыста бейнені жасау үшін пайдаланылатын ауқымды спектрі бар (әдетте, бірнеше Гц-тен бірнеше МГц-ке дейін) электр сигналы.*

**ВИДЕОСЮЖЕТ** зат. *Әдетте документалды сюжетті қысқаша жазу.*

**ВИДЕОТЕКА** зат. тех. *Видеофильмдер жазылған видеокассеталардың жүйеленген жиынтығы.*

**ВИДЕОТЕЛЕФОН** зат. тех. ***Бейнетелефон*** *(алыстан сөйлескен кісінің дидарын көріп отыратын апарат).*

**ВИДЕОТЕРМИНАЛ** зат. тех. ***Бейнетерминал*** *(есептегіш жүйелерге ақпараттарды енгізетін және шығаратын телеэкраны бар құрылғы).*

**ВИДЕОТЕХНИКА** зат. тех. *Визуалды ақпаратты дыбыстық сүйемелдеумен түсіруге, жазуға, өңдеп сақтауға және қайта шығаруға арналған техникалық құралдардың жиынтығы.*

**ВИДЕОТУЫНДЫ** зат. тех. ***Бейнетуынды*** *(бейнетаспаға жазылған туындылар).*

**ВИДЕОТҮПНҰСҚА** зат. *Бейнежазудың түпнұсқасы (көшірмесі емес).*

**ВИДЕОТҮСІРІЛІМ** зат. *Видеокамера арқылы визуалды және дыбыстық ақпаратты түсіру, жазу.*

**ВИДЕОФИЛЬМ** зат. *Видеотехника көмегімен жасалған және видеомагнитофон немесе видеоплейерден көрсетілетін фильм.*

**ВИДИКОН** зат. тех. *Оптикалық объектив арқылы түсетін жарық әсерінен нысанада оның бейнесіне сәйкес зарядтардың қайта орналасуы (потенциалдық бедер) жүзеге асырылатын электрондық сәулелік құрал.*

**ВИДМЕР: видмер симптомы.** зат. мед. *Сол қолтықпен салыстырғанда оң қолтық асты ойықтығында ең жоғарғы температура.*

**ВИЗА** [лат. visa] зат. **1.** ***Бұрыштама*** *(ресми адамның іс қағаздарына қойған бұрыштамасы).* **2.** жерг. *Басқа бір мемлекетке барып қайтуға, соның жері арқылы өтуге ресми рұқсат ретінде төлқұжатқа соғылған белгі, таңба.*

**ВИЗАЖ** зат. *Адамның боянуы, шаш қою үлгісі, киіну стилінің гармониялық үйлесімділігі.*

**ВИЗАЖИСТ** [франц. visagiste] зат. *Бет күтудің және оған лайықтап шашты сәндейтін, макияж, бет бояуын таңдаудың маманы.*

**ВИЗИР** [нем. Visier] зат. тех. **1.** *Оқ атушы қарудың көздеу тетіктерінің бір бөлшегі.* **2.** *Фото және киноаппараттардың көріністі іздеуші бөлігі.* **3.** *Геодезиялық суретке түсіру ісінде нысананы бағдарлауға арналған аспап.* **4.** *Ұшақтың, кеменің, т.с.с. жел әсерінен берілген бағыттан ауытқушылықтарын өлшейтін аспап.*

**ВИЗИТКА** зат. сөйл. *Иесінің аты-жөні, ол туралы қысқаша мәліметтер басылған қағаз.*

**ВИЗУАЛЬДЫҚ** [лат. visualis] зат. *Жай көзбен немесе оптикалық құрылғылар көмегімен көруге болатындық.*

**Визуальдық бағдарламалау.** инф. <ағыл. visual programming> *Көрнекі құралдар арқылы қолданбалы программалар жазылатын программалау саласы.*

**ВИКАРИЙ** [лат. vicarius] зат. діни. 1. *Православиялық шіркеуде ерархияны басқарудағы епископтың көмекшісі; ерархиясы жоқ епископ.* 2. *Протестант шіркеуінде священниктің көмекшісі.*

**ВИКИНГ** зат. тар. *Еуропада VIII-XI ғасырлардағы скандинав жауынгері, әскери теңіз жорықтарына қатысушы ертедегі тұрғындар.*

**ВИКИПЕДИЯ** зат. *Түпкі мақсаты әлем халықтары тілдерінде еркін қолданымға арналған толық электронды энциклопедия жасау болып табылатын ақпараттық жүйе атауы.*

**ВИКОНТ** [франц. vicomte] зат. тар. *Францияда, Англиядағы барон мен граф аралығындағы дворяндық титул, атақ, дәреже.*

**ВИКТИМОЛОГИЯ** [ағыл. victimology] зат. терм. *Әлеуметтанудың қолайсыз жағдайларының құрбандығы болған әртүрлі адамдар категорияларын зерттейтін педагогика, психология, социология, криминология және этнографияның тиісіндегі білім саласы.*

**ВИКТОРИНА** зат. *Жалпы бір тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап ретінде өткізілетін ойын.*

**ВИКТОРИЯ** [лат. victoria] зат. **1.** тар. *Ежелгі Рим мифологиясында – жеңіс әйел құдайы.* **2.** өс. *Амазонка өзені алқабында өсетін кувшинкалар тобына жататын ірі гүлді, ені екі метрге дейін жететін дөңгеленген жапырақтары бар, елу килограмға дейін жүк көтере алатын көп жылдық су өсімдігі.*

**ВИКУНЬЯ** [исп. vicuna] зат. зоол. *Ламалар тұысына жататын жабайы сүтқоректі жануар.*

**ВИЛЛА** [лат. villa] зат. *Қала сыртына әдемі етіп салған, жаздық, саябағы бар үлкен үй.*

**ВИНДСЕРФ** зат. спорт. *Желкенді қайықта виндсерфингпен айналысу үшін жасалған тақтай.*

**ВИНДСЕРФИНГ** [ағыл. windsurfing] зат. спорт. *Толқын үстінен шапшаңдықпен сырғанайтын түрлі маневр, қимылдарды орындайтын жарыс-спорт түрі.*

**ВИНЕГРЕТ** [франц. vinaigrette] зат. тамақ. *Пісірілген қызылша, картоп, сәбіз, тұздалған қиярды турамыштап жасайтын басытқы, салат.*

**ВИНИЛ** [лат. vinum] зат. хим. *Бір валентті органикалық радикал, күрделі полимерлік қосылыстардың құрамдас бөлігі.*

**Винил эфирлері.** хим. *Қанбаған органикалық қосылыстар.*

**ВИНИЛАЦЕТАТ** зат. хим. *Молекуласында винил бар, синтетикалық жолмен алынатын органикалық қосылыс (қанықпаған күрделі эфир, поливинилацетат, т.б. полимерлер өндіруге қажетті шикізат).*

**ВИНИЛАЦЕТИЛЕН** зат. хим. *Молекуласында винил бар, ацетиленнен алынатын органикалық қосылыс (қанықпаған көмірсутек, сезім қуатын кетіретін әсері бар газ, хлорпренді көксағыз алу үшін қолданылатын шикізат).*

**ВИНИЛХЛОРИД** зат. *Қарапайым хлоралкен, поливинилхлоридті өндіруде қолданылатын органикалық шикізат.*

**ВИНИПЛАСТ** зат. хим. *Поливинилхлорид негізінде алынатын, құрамында 10%-тен аспайтын пластификатор, түр өзгертетін заттары мен толтырғыштары бар қатты термопласт.*

**ВИНО** зат. сөйл. ***Шарап.***

**ВИНТ** [нем. Wint] зат. **1.** тех. *Ортасындағы ойықтың ішкі бетінде спиральді сызығы бар бірнеше қырлы темір кесінді; бұранда.* **2.** тех. *Кемелер мен тікұшақтарды қозғалысқа түсіретін, айналып тұратын білікке бекітілген қалақ тәрізді тетік.* **3.** ауыс. бейн. *Жіп, арқан.*

**ВИНТЕР: винтер қырнағышы.** зат. мед. *Босанғаннан кейін жатыр қуысын қыруға арналған құрал.*

**ВИНТОВКА** зат. әск. *Ұңғы арнасында винтті ойығы бар атыс қаруы.*

**ВИНТОВКАЛЫ** сын. есім. *Винтовкасы бар.*

**ВИНТОВКАЛЫҚ** сын. *Винтовкаға қатысы бар.*

**Винтовкалық гранат.** әск. *Винтовкалық гранататқыштан атуға арналған оқ-дәрі.*

**ВИНТТЕ=** ет. *Бұранданы бұрап енгізу, винтті бұрау, бекіту.*

**ВИНТТІ** сын. *Бұрандамен бекітілген, бұрандалы.*

**ВИНЧЕСТЕР**[1] [ағыл. winchester] зат. әск. *Магазинді, автоматты винтовка, мылтық.*

**ВИНЧЕСТЕР**[2] [ағыл. winchester] зат. инф. *Қатты магниттік дискідегі десте; бастиектер мен жетектер бөлігі және дискілер дестесі бірігіп біртұтас (ауа кірмейтіндей етіліп) жабылған модуль құрайтын сақтау құрылғысы, дербес компьютердің сыртқы жады.*

**ВИНЧЕСТЕРЛІК: винчестерлік диск.** [ағыл. winchester disk] инф. *Қатты магниттік диск түріндегі жабық герметизациялық мәлімет жинақтауыш.*

**ВИНЬЕТКА** [франц. vignette] зат. *Сурет, өрнек түріндегі пошта қағазы, альбом, кітаптардағы (титулдық бетінде, тараудың басы мен аяғында және т.б.) әшекей.*

**ВИОЛОНЧЕЛИСТ** зат. *Виолончель тартатын музыкант.*

**ВИОЛОНЧЕЛЬ** [итал. violoncello] зат. муз. *Үлкен скрипка формасындағы төрт шегі бар бас-тенор регистріндегі музыкалық аспап.*

**ВИП** зат. *Өте сыйлы қонақ; өте танымал, белгілі адам.*

**ВИРА** [итал. vira] од. кәс. *Кранкөтергіш көмегімен жүкті тиегенде, түсіргенде «жоғары көтер!» деген бұйрықты білдіретін кәсіби қолданыс.*

**ВИРГАЦИЯ** [нем. Virgation] зат. биол. *Тау өсімдіктерінің бір бағыттағы жота бойымен таралуы.*

**ВИРЕМЕНТ** [франц. virement] зат. қаржы. *Бір кісінің ағымдағы шотына белгілі мөлшерде ақша аудару үшін жасалатын банктер операциясы.*

**ВИРЕМИЯ** зат. вет. *Вирустардың қанда болып, таралу процесі.*

**ВИРЗУНОГРАФИЯ** зат. мед. *Ұйқы безідің шығатын түтігі мен оның тармақтарын рентгенмен зерттеу.*

**ВИРИЛИЗМ** [лат. virilis] зат. физиол. *Әйелдерде еркектік жыныстық белгілер (мұрт, сақал) болуы, еркекке ұқсастық.*

**ВИРИОНДАР** зат. мед. *Жасушадан тыс өсіп-жетілген толық вирус.*

**ВИРОЗДАР** зат. мед. *Вирустар қоздыратын аурулар.*

**ВИРТУАЛЬ: виртуаль арна.** инф. <ағыл. virtual channel> *Байланыс сеансы кезінде бір пайдаланушыдан екіншісіне дейінгі барлық мәліметтер өтетін коммутаторлардың порттары нөмірлерінің тізбегінен тұратын бекітілген бағдар.* **Виртуаль бекет.** инф. <ағыл. virtual host> *Есептеу желілерінде ақпарат көзі бекетінен каталогтарды міндет жүктелген бекетке беретін, ішкі желі үшін біртұтас бүтін болып саналатын ресурстар жиынтығы.* **Виртуаль жад.** инф. <ағыл. virtual memory> а) *Компьютердің қатты дискідегі жадты жедел жад ретінде қабылдап жұмыс істеу әдісі.* ә) *Жад кеңістігін кеңейтуге арналған бағдарламааппараттық құрал.* **Виртуаль жүйе** инф. <ағыл. virtual system> *Жадты виртуальды ұйымдастыру негізінде уақытқа бөлу тәртібінде жұмыс істейтін мультибағдарламалық операциялық жүйе.*

**ВИРТУАЛЬДЫ** [лат. virtualis] сын. **1.** *Нақты бір жағдайларда болуы мүмкін немесе болуы тиіс.* **2.** *Шартты, солай көрінетін.*

**Виртуальды блок**. [ағыл. virtual block] инф. *Шағын компьютерлер жүйесінде – файл мәліметтерінің дискілік блогы.* **Виртуальды бөлшектер.** физ. *Кванттық теорияда – аралық күйде, қысқа уақытта ғана өмір сүретін бөлшектер.* **Виртуальды диск**. [ағыл. virtual dick] инф. *Жедел жадтың бір бөлігінен бағдарламалық әдіс арқылы жасалған псевдодискілік жинақтағыш.* **Виртуальды желілер.** инф. <ағыл. virtual networks> *Жергілікті желілердің қазіргі коммутаторлары бір жұмыс тобының ортақ мүддені пайдаланушыларын желілік жеке сегментке топтастыруға мүмкіндік беретін жүйе.* **Виртуальды жиым.** инф. <ағыл. virtual array> *Жартылай негізгі жадта, жартылай дискіде орналасқан мәліметтер жиыны.* **Виртуальды жол.** инф. <ағыл. virtual path> *Есептеу торабының қандай болса да бір бөлігінде бірден-бір бағыт бойынша өтетін бірнеше виртуал арнаны біріктіретін жол.* **Виртуальды құрылғы** инф. <ағыл. virtual device> *Іс жүзінде жоқ компьютерлік немесе шалғай құрылғыларды (мыс., жад немесе баспа құрылғысын) еліктету.* **Виртуальды мәшине.** инф. <ағыл. virtual machine> *Қайсыбір компьютердің жұмысын ұқсатып көрсететін бағдарламалық құрал.* **Виртуальды нақтылық** инф. <ағыл. virtual reality> *Нақты әлемді, ортаны қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық құралдар көмегімен ұқсатып көрсету.* **Виртуальды нәтиже.** инф. <ағыл. virtual result> *Алгоритм тапсырмасының тәсілі бойынша өзгертудің нәтижесі болып саналатын мәліметтердің туынды элементі.* **Виртуаль тізбек** инф. <ағыл. virtual link> *Қашық процес, соларды логикалық арнамен тұрақты түрде жалғастыру.* **Виртуаль файл** инф. <ағыл. virtual file> *Файлдық алмасу операцияларына бағдарлама қатынасатын мәліметтер жиынтығы.*

**ВИРТУАЛЬДЫҚ: Виртуальдық адрестік кеңістік.** инф. <ағыл. virtual address space> *Процесс ағыны қатынас құра алатын адрестер жиынтығы.* **Виртуальдық мәліметтер базасы** инф. <ағыл. virtual datadase> *Мәліметтер базасын басқарудың еркін жүйесінің әрбір интегралданатын мәліметтер базасынан түрлендіріліп алынуы мүмкін болатын мәліметтердің елестелетін ұсынымы.* **Виртуальдық таңба.** лингв. *Белгілі бір жағдайларда мүмкін болатын, қолданылатын аукымы жағынан көмескі, мазмұны тұрғысынан айқын тілдік таңба.*

**ВИРТУОЗ** [итал. virtuoso] сын. муз. *Орындаушылық қабілеті айрықша күшті, майталман музыкант, біртуар музыкант // Белгілі бір кәсіпте асқан шеберлік көрсеткен адам, өз ісінің шебері.*

**ВИРТУОЗДЫҚ** сын. *Шебер, айырықша күшті.*

**ВИРУЛЕНТТІ** сын. *Уытты, ауруды қоздыруға қабілетті.*

**ВИРУЛЕНТТІЛІК** [лат. virulentus] зат. мед. *Уыттылық, белгілі бір микроб түрінің уыттылығы – оның ауырту (ауруды қоздыру) қабілетінің күштілігі.*

**ВИРУС**[1] [лат. virus] зат. **1.** мед. *Өте ұсақ, тек қана электрондық микроскоп арқылы ғана көрінетін, көптеген жұқпалы аурулардың қоздырғыштары.* **2.** биол. *Торшасы жоқ, өзіне тән геномы бар, тірі торшада ғана өсіп көбейе алатын өте ұсақ автономды генетикалық құрылымдар, ең қарапайым тіршілік иелері.*

**Вирустар морфогенезі.** биол. <грек. morphe – түрі, genesis – шығу тегі> *Вирустардың торша ішінде көбейгенінде (репродукция кезінде) олардың жаңа ұрпақтарының пайда болуы, олардың құрылымдарының жиналуы.* **Вирустар репродукциясы.** биол. *Вирустардың адам, жануар, құс, өсімдік және бактериялар ішінде немесе тірі торшалардың ішінде өсіп жетілуі.* **Вирустар титрі.** биол. *Арнайы реакция құра алатын вирустардың ең аз мөлшері.*

**ВИРУС**[2] [ағыл. virus] зат. инф. **1.** *Басқа бағдарламалар мен файлдарға өз көшірмесін автоматты түрде кірістіре отырып, файлдарды қасақана бүлдіру мақсатында жазылған компьютерлік шағын бағдарлама (1-2 Кб немесе макрос).* **2.** *Қалжың үшін немесе зиянкестік үшін жасалған басқа бағдарламалардың құрамына еніп, содан кейін жағымсыз, ал кейде тіпті қауіпті әрекеттер жасай отырып тарайтын бағдарлама.* **3.** ауыс. *Рухани дағдарыс, жұқпалы індет, жаман әдет.*

**Вирустар әрекеттестігі.** инф. <ағыл. virus interaction> *Жедел жадта бір мезгілде екі компьютерлік вирус болған жағдайда біреуінің екіншісін бұғаттауы немесе кодының өзгеруі.* **Вирус тасымалдаушы.** инф. <ағыл. infected program> *Компьютерлік вируспен зақымдалған бағдарлама.*

**ВИРУСОЛОГ** зат. мед. *Жұқпалы ауруларды емдеумен, зерттеумен шұғылданатын маман.*

**ВИРУСОЛОГИЯ** [лат. virus – у, грек. logos – ілім] зат. мед. *Жұқпалы аурулар жайындағы ғылым саласы.*

**ВИРУСТАСУШЫ** зат. мед. *Ішкі ағзаларындағы ауру қоздырғыш вирустары бар (аурудың белгілері сыртқа білінбеген) адам не жануар.*

**ВИРУСТЫҚ** сын. мед. *Вирусқа тән, қатысы бар.*

**ВИРШ** [поляк. wierszy] зат. әдеб. XVI-XVIII *ғасырларда орыс әдебиетінде кең тараған діни, кейінірек жалпы кітаби дәстүрдегі өлеңдер.*

**ВИСАИЯ** зат. *Филипиннің Самар Лейте, Бохоль, Субу, Негрос, Панай, Палаван аралдарын қоныстанған халық атауы.*

**ВИСКИ** [ағыл. whisky] зат. *Құрғақ арпа уытынан, қара бидай немесе жүгеріден жасалған спирттік ішімдік; ағылшынның күшті арағы.*

**ВИСКОЗА** [лат. viscosus] зат. тех. *Целлюлозадан жасалатын жасанды жібек.*

**Вискозалық целлюлоза.** хим. *Вискозалық талшықтар және қабықшалар өндірісінде қолданылатын, химиялық өңдеуге арналған целлюлоза.*

**ВИСКОЗИМЕТР** зат. тех. *Газдар мен сұйықтардың тұтқырлығын өлшейтін аспап.*

**ВИСКОЗИМЕТРИЯ** зат. тех. *Газдар мен сұйықтардың тұтқырлығын өлшейтін әдістердің жиынтығы.*

**ВИСКОЗИН** [лат. viscosus] зат. тех. *Жоғары тұтқырлықты техникалық май.*

**ВИСМУТ** [нем. Wismut] зат. **1.** хим. *Жұқалаң, қызғылттау келген, ауыр, ақ түсті металл, химиялық элемент, символы Bi.* **2.** мед. *Осы металдан істелген дәрі-дәрмек.*

**Висмут кентастары.** геол. *Құрамында висмуты бар минералдық шикізат.*

**ВИСМУТИН** [нем. Bismutin] зат. мин. *Сульфиттер табына жататын минерал.*

**ВИСОКОС: високос жыл.** *Кібісе жыл (төрт жылда бір, ақпан айы жиырма тоғыз күнге толып қайталанып тұратын жыл).*

**ВИСТ** [ағыл. whist] зат. *Екі жұп болып ойнайтын 52 карталы ойын; преферанс ойынында прикуп алған кісіге қарсы ойын.*

**ВИТАЛИЗМ** [лат. vitalis] зат. *Ағзада түсініп болмайтын ерекше бір материялық, емес «өмірлік күш» бар деп пайымдайтын, биологиядағы идеалистік ағым.*

**ВИТАМЕРЛЕР** зат. мед. *Бір дәруменнің әртүрлі химиялық формалары.*

**ВИТАМИН** [лат. vita] зат. **1.** мед. ***Дәрумен*** *(ағзаның бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат).* **2.** фарм. *Дәрумендерден тұратын дәрі-дәрмек.*

**Витамин жетіспеушілік.** мед. ***Дәрумен*** *жетіспеушілігі (ағзада дәрумендердің мүлдем жетіспеушілігінен болатын аурулар тобы (бери-бери, пеллагра, қырқұлақ және т.б.)).*

**ВИТАМИНДЕЛГЕН: витаминделген ұн.** ***Дәруменді ұн*** *(синтетикалық, дәрумендермен байытылған ұн).*

**ВИТАМИНДІ** сын. ***Дәруменді*** *(витамині бар).*

**Витаминді өсімдіктер.** *Құрамында аз мөлшерде адамның, мал мен өсімдіктің тіршілік етуіне аса қажет органикалық заттар – витаминдер бар өсімдіктер тобы.*

**ВИТАМИНДІК** сын. ***Дәрумендік*** *(дәруменге тән).*

**Витаминдік терапия.** мед. ***Дәрумендік емдеу*** *(түрлі ауруды емдеу үшін немесе алдын алу үшін витаминмен емдеу).*

**ВИТАМИНОЛОГИЯ** [лат. vita – тіршілік, грек logos – ілім] зат. биол. ***Дәрументану*** *(дәрумендердің құрылысы, олардың табиғатта тарауы, тіршілік процестеріндегі рөлі туралы ғылым; биохимия саласы).*

**ВИТАСФЕРА** зат. геол. *Қазіргі тіршілік етіп жатқан организмдер мен солар арқылы биотекті айналымға тартылатын атмосфера, гидросфера және литосфера бөліктерінен құралған биосфера қабаты.*

**ВИТЕРИТ** зат. хим. *Карбонаттар тобының минералы.*

**ВИТРАЖ** [франц. vitrage] зат. *Түрлі-түсті шыны, әйнектерден жасалған есікте, терезеде не жеке өзі болатын әсем сурет немесе өрнекті композиция.*

**ВИТРИНА** [франц. vitrine] зат. *Товарлар мен заттардың үлгілерін қоятын дүкен терезелерінің алды немесе үсті әйнекпен жабылған жәшік, шкаф тәрізді орын.*

**ВИТРИФИКАЦИЯ** зат. биол. *Өсімдіктер және жануарлар ұлпаларының аяқ астынан болған суықтан қатып қалуы, шыны тәріздес сипат алуы.*

**ВИТРО** [франц. vitraux] зат. *Құрамына шыны тектес заттар кіретін таужыныстардың немесе олардың құрылымдарының атауының алдыңғы сыңары.*

**ВИТРОФИР** [лат. vitrum – шыны, грек. porphyreos – көкшіл, қызғылт, қою-қызыл] зат. геол. *Жанартаутекті шыныдан тұратын, құрамында аздаған сеппелі минералы (кварцты немесе ортоклазды порфир) бар тау жынысы.*

**ВИЦЕ** [лат. vice] зат. *«Орынбасар, жәрдемші» дегенді білдіретін күрделі сөздің алдына қосылып айтылатын қосымша сөз.*

**ВИЦЕ-АДМИРАЛ** зат. әск. *Адмиралдан кейінгі екінші әскери атақ, адмиралдың орынбасары; контр-адмирал мен адмирал арасындағы флоттың жоғары командалық құрамының әскери атағы, жалпы әскери генерал-лейтенант дәрежесіне сәйкес.*

**ВИЦЕ-ГУБЕРНАТОР** зат. *Губернатордың орынбасары.*

**ВИЦЕ-КАНЦЛЕР** зат. *Канцлердің орынбасары.*

**ВИЦЕ-КОНСУЛ** зат. *Жекелеген вице-консулдықты басқаратын не жоғарырақ рангтегі консулдық мекемеде осындай рангіге ие лауазымды тұлға.*

**ВИЦЕ-МИНИСТР** зат. *Министрдің орынбасары.*

**ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ** зат. *Мекеме, фирма президентінің орынбасары.*

**ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР** зат. *Премьер-министрдің ұсынысы бойынша және оның мерзімі шегінде тағайындалатын жоғары лауазым.*

**ВИЦЕ-СПИКЕР** зат. кәс. *Спикердің орынбасары.*

**ВИЧ: ВИЧ инфекциясы.** [ор. вирус иммунодефицита человека] мед. *Адамның иммундық тапшылық вирусы.*

**ВИШНУ** зат. діни. *Брахманизм мен индуизм дінінде сақтаушы-құдай, үш құдайдың (Брахма мен Шива) бірі; күн құдайы.*

**ВИШНУИЗМ** зат. діни. *Вишнуді ең құдіретті де күшті құдай есептейтін индуизмдегі екі бас бағыттың (шиваизммен қатар) бірі.*

**ВОДЕВИЛЬ** [франц. vaudeville] зат. муз. *Драматургия жанры, шытырман оқиғалы, ән мен би кезек алмасып отыратын пьеса.*

**ВОКАБУЛА** [лат. vocabulum] зат. лингв. *Лексикология мен лексикографияның зерттейтін объектісі ретінде қаралатын жеке сөз; сөздік мақаланың басқы сөзі.*

**ВОКАБУЛЯР** [лат. vocabularium] зат. лингв. *Хрестоматияда, оқулық тарауында, мәтінде берілген қысқаша сөздік.*

**ВОКАЛ** [франц. vocal] зат. муз. *Ән салу өнерін кәсіби меңгеру. Вокал сыныбы бойынша үйрену.*

**ВОКАЛИСКОПИЯ** зат. муз. *Вокалиграммаларды сәйкестендіру арқылы сөйлеуші адамның дауыс белгілерін шығарып, дауысты айырып тану тәсілі.*

**ВОКАЛЬДЫ** сын. муз. *Ән салуға, орындаушылық шеберлігіне қатысты.*

**ВОКАЛЬДЫҚ** сын. муз. *Жеке не бірнеше дауыспен орындауға лайық, әндік.*

**ВОКАЛИЗ** [франц. vocolise] зат. муз. *Дауысқа арналған музыкалық жаттығу немесе этюд.*

**ВОКАЛИЗМ** [лат. vocalis] зат. лингв. *Нақты тілдің дауысты фонемалар жүйесі.*

**ВОКАЛИСТ** зат. муз. *Жеке орындаушы, кәсіби әнші.*

**ВОКАТИВ** [лат. vocativus] зат. лингв. **1.** *Көне орыс тілінде кездесетін шақыру септігі.* **2.** *Сөйлеу адресатын білдіретін синтаксема.*

**ВОКЗАЛ** [ағыл. Vauxhall] зат. *Жолаушыларға қызмет көрсететін және теміржол, автобус, су көлігімен тасымалдау қызметтері орналасқан ғимарат немесе ғимараттар кешені.*

**Вокзал алаңы**. *Вокзал орналасқан жер, вокзал шегарасы.* **Вокзал ғимараттары.** *Жолаушыларға қызмет көрсетуге, көлік қозғалысын басқаруға және соған қызмет етушілерге арналған қоғамдық ғимараттар мен құрылыс кешені.*

**ВОКЛЮЗДЕР** зат. сушар. *Францияның оңтүстігіндегі Воклюз бұлағының атауынан шыққан, шығымы үлкен әрі жиі-жиі өзгеріп тұратын ақпалы аймақтарға тән бұлақтар.*

**Воклюз бұлақтар.** сушар. *Жиі оқпаланған (каре), әк тастардан құрылған таулы аймақтарда жер астындағы ірі қуыстар мен жарықтардың бойымен өзен секілді ағып, жер бетіне шығып жататын су көздері.*

**ВОКОДЕР** [ағыл. vocoder] зат. *Сөздер кодталған түрде берілетін телефондық байланыстың бір түрі.*

**ВОЛАН** [франц. volant] зат. **1.** *Әйел киімінің бөлігі – жеңіл мата, тоқылған тордан жасалған бүрме;* **2.** спорт. *Бадминтон ойнауға арналған, айналасы жеңіл шетенді жалбырауықтармен көмкерілген дөңгелек.*

**ВОЛАПЮК (воляпюк)** [ағыл. volapuk – жасанды сөз, word – әлем, speak – сөйлеу] зат. лингв. **1.** *1879 ж. И.М. Шлейер (Германия) жасаған халықаралық жасанды тілдің (аралас) типі.* **2.** ауыс. *Түсініксіз сөздердің жиынтығы, адамға түсініксіз, бүлінген тіл.*

**ВОЛЕЙБОЛ** [ағыл. volleyball] зат. спорт. ***Қолдоп*** *(допты қарсыластар жағына керме тордан асыра ұрып, жерге түсіру үшін бәсекелесетін командалық спорт ойыны).*

**Волейбол алаңы**. *Волейбол ойнайтын арнайы орын.*

**ВОЛЕЙБОЛШЫ** зат. спорт. *Спорттың волейбол түрімен айналысушы; волейбол ойынына қатынасушы.*

**ВОЛИСПОЛКОМ** зат. тар. *Болыстық атқару комитеті.*

**ВОЛКОМ** зат. тар. *Болыстың партия комитеті.*

**ВОЛОКНИТ** зат. сәулет. *Су эмульсиясы талшықты толтырғышымен немесе термореактивті полимерін кептіру, сіңіру жолымен алынатын материал.*

**ВОЛОНТЕР** [франц. volontaire] зат. **1.** әск. *Бірқатар мемлекеттерде (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Италия, т.б.) әскери қызметке өз еркімен кіруші адамдар, еріктілер.* **2.** саяси. *Экономикасы төмен немесе соғыс зардабын, ашаршылық шегіп жатқан елдерге өз еркімен білім беру, денсаулық, діни т.б. сала бойынша гуманитарлық көмек көрсетуші адам, маман.*

**ВОЛОС** ор. зат. тар. сөйл. ***Болыс.***

**ВОЛЛАСТОНИТ** зат. хим. *Тақталы шпат-силикаттар табының минералы.*

**ВОЛОФТАР** зат. *Сенегал мемлекетінде, ішінара Гамбия, Мавритания, Мали, Гвинея елдерінде тұратын зәңгі нәсілдес халық.*

**ВОЛЬЕР** [франц. voliere] зат. кәс. *Зообақтарда жануарлар мен құстарды ұстайтын, металл тормен (үсті ашық немесе жабық келетін) қоршалған алаңқай.*

**ВОЛЬТ**[1] зат. физ. *Халықаралық бірліктер жүйесінде кернеулі электр тоғы күшін өлшеу бірлігі.*

**ВОЛЬТ**[2] [франц. volte] зат. **1.** спорт. *Манеждегі аттың шеңбер ішімен оңға, солға күрт бұрылуы.* **2.** өнер. *Акробатикада, цирк гимнастикасында – акробат, гимнастың 180 градусқа күрт бұрылуы.* **3.** спорт. *Фехтованиеде түйреуден қашқақтау, жалт беру.* **4.** ауыс. *Құмарпаз ойындарда карта жасыру, алдау.*

**ВОЛЬТА**[1] [итал. volta] зат. муз. *Нота жазуында музыкалық шығарманың шағын бөлімінің аяқ жағы әртүрлі болып қайталануын көрсететін белгі (жақша, сан, цифр).*

**ВОЛЬТА**[2] зат. [итал. volta] зат. *Жеңіл жібек сияқты жұмсақ мақтадан жасалған мата.*

**ВОЛЬТ-АМПЕР** зат. физ. *Айнымалы токты электр тізбегі толық қуатының, бірліктердің халықаралық, жүйесіндегі (СИ) өлшеу бірлігі.*

**ВОЛЬТ-АМПЕРЛІК: Вольт-амперлік сипаттама**. *Әртүрлі өткізгіштің ток күшіне тәуелділігін сипаттайтын шама.*

**ВОЛЬТ-АМПЕРЛІК: Вольт-амперметрлік талдау.** хим. *Зерттелетін заттың ерітіндісін электролиздеуде үйектелу кернеуімен ток күші арасындағы тәуелділікті анықтау негізіндегі сандық және сапалық талдау әдісі.*

**ВОЛЬТЕРЬЯНДЫҚ** сын. фил. *18 ғасырдың екінші жартысы мен 19 ғасырдың басындағы ағартушылық ағымның, діни еркін ойдың кең таралуына қатысты.*

**ВОЛЬТИЖ** [франц. voltig] зат. спорт. **1.** *Атты шеңбер ішімен шаптырып, ат үстінде түрлі өнер көрсететін ат спорты мен цирк өнерінің түрі.* **2.** *Әуеде серігін бөренеден бөренеге немесе трапециядан трапецияға лақтыратын қимылдардан тұратын гимнастика мен акробатика түрі.*

**ВОЛЬТМЕТР** [франц. voltmetre] зат. физ. *Электр тізбегіндегі екі аралықтың ток күшін, кернеуін өлшейтін аспап.*

**ВОЛЬТТЫҚ** сын. *Вольттан тұратын.*

**ВОЛЬТТІ** сын. *Вольтқа сәйкес.*

**ВОЛЬФРАМ** [лат. wolframium] зат. хим. *Жоғары температурада ғана баяу балқитын ауыр металл, химиялық элемент.*

**ВОЛЬФРАМИТ** [лат. wolframium] зат. хим. *Вольфрам алуға негіз болатын қызғылт не қара түсті минерал шикізат.*

**ВОЛЮНТАРИЗМ** [лат. voluntas] зат. **1.** филос. *Психология мен философиядағы идеалистік ағым, еркті психиканың және тұтастай болмыстың негізінде жатқан табиғаттан үстем ерекше күш деп білушілік; қоғамның дамуында жеке адам рөліне шешуші маңыз беретін, философиядағы субъективтік-идеалистік ағым.* **2.** психол. *Психикалық тіршіліктің шешуші факторы ретінде сананы немесе адамның жігерлік қасиетін танитын көзқарастар жүйесі.* **3.** саяси. *Саясатта, қоғамдық өмірде объективті жағдайлар мен заңдылықтарды мойындамай, субъективті, негізсіз шешімдерді қабылдау; асыра сілтеушілік.*

**ВОЛЮНТАРИСТІК** сын. саяси. *Волюнтаризмге қатысты.*

**ВОЛЮТИН** зат. биол. *Көптеген бактериялардың цитоплазмасында кездесетін ерекше құрылымдар.*

**ВОТУМ**[1] [лат. votum] зат. саяси. **1.** *Сайлау корпусының немесе өкілді мекеменің белгілі бір мәселе бойынша көпшілік дауыспен қабылдаған шешімі, тоқтамы.* **2.** *Кейбір елдердегі сайлаудың мемлекеттік тәртібі.*

**ВУАЙЕРИЗМ** [франц. voyeurisme] зат. **1.** *Жалаңаш адамдарды, эротикалық оқиғаларды аңдып қарауды дағдыға айналдыратын психикалық ауру түрі.* **2.** *Адамның күнделікті өмірін, соның ішінде сексуалдық өмірін елдің алдына телешоулар арқылы айғақтау, техникалық құралдар көмегімен адамның қаладағы өмірін аңду жолымен бақылауды білдіретін әлеуметтік құбылыс.*

**ВУАЛЬ** [франц. voile] зат. **1.** *Еуропалық үлгі бойынша тігілген әйел шляпасындағы үлбіреген, селдір, жұқа шілтер, бетперде.* **2.** *Жеңіл селдір кездеме түрі.*

**ВУГОРЬ** зат. балықшар. *Жайық өзенінде өсетін жылан балықтың жергілікті атауы.*

**ВУДА: вуда қорытпасы.** геол. *Оңай балқитын (балқу температурасы 68° С), висмут негізіндегі қорытпа.*

**ВУДУ** зат. дін. *Адамдардың денсаулығы және өмір сүру жағдайы әлемде мекендейтін жақсы және жаман әруақтарға қатысты деген пікірді ұстанатын Африкада, Латын Америкасында, Кариб теңізі аралдарында кең таралған діни культ түрі.*

**ВУЛКАН** [лат. vulcanus] зат. **1.** геол. ***Жанартау.*** **2.** ауыс. бейн. *Іштегі, жан-дүниедегі ерекше қасиет, жасырын күш, жарыққа шығуын күтіп жатқан талант.*

**ВУЛКАНДАЙ** сын. *Жанартау сияқты.*

**ВУЛКАНДАУ** зат. хим. *Серпінділік, беріктік сияқты қасиеттерін арттыра түсу үшін каучуктен жасалған заттарды қыздырып өңдеу шаралары.*

**ВУЛКАНДЫҚ** сын. *Жанартауға тән, қатысты.*

**ВУЛКАНИЗАЦИЯЛА=** ет. *Вулкандау, істеу.*

**ВУЛКАНИЗМ** [лат. vulcanus] зат. геол. *Жер беті мен Жер қыртысында магманың ауысуына байланысты болатын құбылыстар жиынтығы.*

**ВУЛКАНОЛОГИЯ** [лат. vulcanus – от, жалын, logos – ілім] зат. геол. ***Жанартаутану*** *(жанартаулар туралы, олардың құрылымындағы процестер мен әрекеттердің себептерін, құрылысын, дамуы мен атқылайтын жыныстарын (лавалар, газдар т.б.), орналасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым).*

**ВУЛКАНША** үст. *Жанартауға ұқсас.*

**ВУЛЬВИЗМ** зат. мед. *Қынаптың кіреберісіндегі бұлшық еттердің қатты жиырылуы.*

**ВУЛЬВИТ** [лат. vulva] зат. вет. *Ұрғашы малдың сыртқы жыныс мүшелерінің (сарпайларының) қабынуы.*

**ВУЛЬВИТ** зат. мед. *Сарпайдың қабынуы.*

**ВУЛЬВОВАГИНИТ** зат. мед. *Сарпай мен қынаптың қабынуы.*

**ВУЛЬВОПЕРИНЕОВАГИНОГРАФ** зат. мед. *Қынап тіндерінің созылғыштығын және релаксациясының мүмкіндігін өлшейтін және графикалық тіркеуге арналған аспап.*

**ВУЛЬВОЭКТОМИЯ** зат. мед. *Сарпайды алып тастау.*

**ВУЛЬГАРИЗМ** [лат. vulgaris] зат. лингв. *Әдеби тілде қолданылған дөрекі сөз не сөз тізбегі, сөйлемдер.*

**ВУЛЬГАРЛЫҚ** [лат. vulgaris] сын. *Тұрпайылық, дөрекілік.*

**ВУЛЬФЕНИТ** зат. хим. *Молибдаттар тобының минералы.*

**ВУНДЕРКИНД** [нем. Wunderkind] зат. *Өз жасына сәйкес емес ерекше дарынды, қабілетті, зерек бала.*

**ВЫБОРЩИК** зат. тар. *Сайлау жұмысын ұйымдастыратын адам.*

**ВЫМПЕЛ** [голл. wimpel] зат. **1.** әск. *Әскери кемелердің грот – мачтасында көтерілетін ұшы айырылған, ұзын әрі жіңішке жалау, ұлттық белгі.* **2.** *Ұшатын аппараттан лақтырылатын тапсырма, белгісі бар ұзын ашық түсі жолақ немесе жалауы бар қобдиша.* **3.** *Бір нәрсенің белгісі ретіндегі (мыс., жетістіктер мен жақсы көрсеткіштерді білдіреді) жіңішке ұшбұрышты жалау.* **4.** спорт. *Бәсекеге түсетін командалардың бір-бірімен алмасатын жалаушасы.* **5.** сов. *Жарыста озып шыққандарға берілетін кішкене ұшкіл жалауша.* **6.** балықшар. *Қайықтың, кеменің көрнекті жеріне ілінген балық суреті, жіңішке жалау; балықшылардың белгісі.*

# Г

**Г. 1.** *Қазақ әліпбиіндегі бесінші әріп, г дыбысының таңбасы.* **2.** лингв. *Тіл орта шенінің қатты таңдайға тиіп, кері қайтуы арқылы жасалатын шұғыл, дауыссыз, ұяң фонема.* **3.** *Реттеп санау жүйесінде бесінші дегенді білдіреді.* **4.** *Цифрмен таңбаланған сандық өлшемнен кейін келетін «грамм» сөзінің қысқарған түрі.*

**ГА** зат. *Гектар сөзінің қысқарған түрі.*

**ГААЗЕ: гаазе нобайы.** зат. мед. *Нәрестенің жасын оның ұзындығы бойынша анықтайтын нобай.*

**ГАБАРДИН** [франц. gabardine] зат. **1.** *Жеңіл жүн, жартылай жүн, жібек немесе мақта маталары.* **2.** *Жүннен тоқылған сырт киімдік тығыз мата.*

**ГАБАРИТ** [франц. gabarit] зат. тех. *Аужым; заттың, мысалы, машина, көпір, ғимарат, вагондардың және т.б. сыртқы көлемі, шамасы.*

**ГАБАРИТТІ** сын. *Белгілі бір шамадағы аумағы, көзге түсетін сыртқы көлемі бар.*

**ГАБАРИТТІК** сын. *Заттың ұзындық, биіктік, ендігін сипаттайтын өлшем.*

**ГАБАСТУ: габасту амалы.** зат. мед. *Жатырдан қан ағу басталған кезде бала жолдасын шығару үшін кіндік баудың венасына физиологиялық ерітіндіні жіберу.*

**ГАББРО** [итал. gabbro] зат. геол. *Тереңде түзілетін толық кристалды магмалық тау жынысы. Төменгі базальттық қабаттың қалыңдығы 30 км-ге дейін жетеді.*

**ГАББРО-АМФИБОЛИТ** зат. геол. *Габбро мен амфиболиттің аралығындағы габбролық құрылымын сақтаған таужыныс.*

**ГАББРО-ДИАБАЗ** зат. геол. *Минералдық құрамы габброларға сәйкес келетін, алайда кристалдану дәрежесі оларға қарағанда төмен таужыныстар.*

**ГАББРО-ДИАБАЗДЫҚ: габбро-диабаздық құрылым.** геол. *Габбролық және диабаздықтың аралығындағы құрылым.*

**ГАББРОИДТЕНУ** зат. геол. *Бұрын жасылтасты өзгерістерге ұшыраған таужыныстардың метасаматоз процестері салдарынан қайталап өзгеруі нәтижесінде габброидтер түзілу мүмкіндігі туралы жорамал атауы.*

**ГАББРОИДТЕР** зат. геол. *Габбро және норит таужыныстарына қатысты жыныстардың атауы.*

**ГАББРОЛЫҚ: габбролық құрылым.** геол. *Габбро, норидтерге тән аллотриоморфтүйірлі құрылымның түрі.*

**ГАББРО-ПЕГМАТИТ** зат. геол. *Желі, линза немесе ұя түрқылас қуыстарға шоғырланатын, добал кристалды габбро.*

**ГАББРО-ПОРФИРИТ** зат. геол. *Құрамы жағынан габброға сәйкес, бірақ құрамы порфирлі таужыныс.*

**ГАББРО-СИЕНИТ** зат. геол. *Құрамы жағынан габбро мен сиениттің аралығындағы таужыныс.*

**ГАБИТОСКОПИЯ** [лат. habitu – сырт келбет, грек, skopeo – қараймын] зат. заң. *Криминалистік техниканың саласы.*

**ГАБИТУС** [лат. habitus] зат. биол. *Сыртқы сипат, белгілердің жиынтығы; адамның, жануардың, өсімдіктің, кристалдың сырт пішіні.*

**ГАБРОНЕМАТОЗДАР** зат. вет. *Қазақстанның барлық жерінде, әсіресе оңтүстік аудандарында кеңінен тараған ішқұрт аурулары.*

**ГАВАНЬ** [голл. haven] зат. *Желден, толқындардан, ағыстардан табиғи немесе жасанды түрде қалқаланған, кеме келіп тоқтауға, жөндеуге және қыстауға арналған сулы кеңістіктің жаға бөлігі, айлақ.*

**ГАВОТ** [франц. gavotte] зат. муз. *Француздың халық биі және соған арналған музыка.*

**ГАГА** зат. зоол. *Қиыр солтүстік теңіздерін мекендейтін, топтала жүретін, аса құнды, мамық жүнді үйрек.*

**ГАГАРА** зат. зоол. *Терістік теңіз жақты ғана мекендейтін, ірі, қалың қауырсын жүнді, құрлықта еңбектеп жүретін құс.*

**ГАГАРИНИТ** зат. хим. *Фторидтер тобының минералы, химиялық, формуласы* $Na_2Ca_2V_3$ *(FClOH)* $_{15}H_2O$.

**ГАГАТ** [грек. gagates] зат. хим. *Тасқөмірдің бір түрі.*

**ГАГАУЗ** зат. *Молдова мен Украина, сондай-ақ Болгария, Румыния жерлерінде мекендейтін түркітілдес шағын халық.*

**Гагауз тілі.** лингв. *Түркі тілдері батыс ғұн бұтағына кіретін оғыз группасының оғыз-бұлғар тобына қатысты агглютинативті тіл.*

**ГАДОЛИНИЙ** зат. хим. *Лантоноидтер тобына жататын химиялық элемент, символы Gd., металл.*

**ГАДРОЗАВРЛАР** [грек. hadros – үлкен, зор, sauros – кесіртке] зат. зоол. *Үйрек тұмсықты динозаврлар.*

**ГАЗ[1]** [франц. gaz ] зат. физ. **1.** *Заттың атомдары мен молекулалары бір-бірімен әлсіз байланысқандықтан, кез келген бағытта еркін қозғалатын және өзіне берілген көлемге толық жайылып орналасатын агрегаттың күйі.* **2.** *Газ тектес отын, арнайы баллондардағы осындай отын.* **3.** *Асқазан мен ішектерде жиналып, бөлінетін газ тектес зат, жел.*

**Газ алмасу.** физиол. *Ағза мен оны қоршаған орта арасындағы тіршілік бойына тыныс алу, фотосинтез және т.б. құбылыстарда болатын тұрақты газдардың ауысып отыру процесі.* **Газ баллон.** а) әск. *Сұйық жағдайға дейін сығымдаған улы газдар (хлор, фосген немесе олардың қоспалары) толтырылған металл баллондар.* ә). *Газплитасына қосылған, ішіне газ толтырылған берік металл сауыт, құты.* **Газ баллонды батарея.** тех. *Көмірқышқылды баллондар батареясы.* **Газбен жылыту.** тех. *Отын ретінде жанғыш газдар пайдаланылатын жылыту жүйесі.* **Газ бөлініп шығару қарқындылығы.** кен. *Массивтен не таужыныс (көмір) кесегінен уақыттың бір өлшемінде бөлініп шығатын газ мөлшері.* **Газ генераторы.** тех. *Қатты және сұйық отындарды жылулық өңдеу жолымен жанғыш газдарға айналдыратын аппарат.* **Газға төзімділік.** бот. *Өсімдіктердің ауыр өнеркәсіп дамыған аймақтардағы атмосфералық газдар (азоттың, күкірттің, көміртектің тотықтары және күкірттің, фтордың сутекті қосылыстары) концентрациясына төзімділік қабілеті.* **Газдағы электр разрядтары.** физ. *Газдық разрядтар, электр тоғының газ күйін өзгерте отырып, газдық орта арқылы өту құбылысы.* **Газ динамикасы.** физ. *Гидроаэромеханиканың сығылғыш тұтас орталардың (газ плазма) қозғалысын және олардың қатты денелермен өзара әсерін зерттейтін саласы.* **Газдың кинетикалық теориясы.** физ. *Теориялық физиканың газдың қасиеттерін оның молекулалық құрылысы жайлы көзқарасқа және молекулалар арасындағы өзара әсер жөніндегі белгілі бір заңдарға негізделген статистикалық әдіспен зерттейтін бөлімі.* **Газды тазарту.** тех. *Өндірістік газ құрамында кездесетін қатты, сұйық және газ тәріздес бағалы немесе қажетсіз қоспаларды бөліп алу процесі.* **Газ желісі.** *Жанғыш газды тасымалдауға (жеткізуге) және оны тұтынушыға үлестіруге арналған құбырлар мен түтіктер жүйесі, елді мекендерді газбен қамтамасыз ету жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі.* **Газ кеніші.** тех. *Бір немесе бірнеше газ шоғырларынан тұратын кен.* **Газ қабаты.** *Газ тектес заттан тұратын бөлік.* **Газ қоймасы.** тех. *Газды сақтауға арналған табиғи немесе жасанды резервуар.* **Газ құрылғылары.** тех. *Тұрғын және қоғамдық үйлерде тамақ пісіруге, су ысытуға, бөлме жылытуға не жасанды түрде суытуға арналған құрылғылар.* **Газ қысымы.** физ. *Газдың шектен тыс көбеюі, күш алуы.* **Газ массасы.** тех. *Қызған газдың түйдектеле жылжып жинақталған көлемі.* **Газ өнеркәсібі.** тех. *Табиғи газды барлау мен оны шаруашылықта пайдалануды қамтитын отын өнеркәсібінің саласы.* **Газ өнімділігі.** кен. *Уақыттың бір өлшемі ішінде ауада, жерасты қазбаларында (тау үңгірлерінде) немесе газсыздандыратын жүйеде пайда болатын газдың көлемі.* **Газ приборлары.** тех. *Газ құрылғылары.* **Газ разрядтық приборлар.** тех. *Иондық приборлар; жұмыс әрекеті газ не бу ішінде әртүрлі электр разрядын пайдалануға негізделген электр вакуумдық приборлар.* **Газ режимі.** кен. а) *Газ шоғырларын пайдалану тәртібі.* ә) *Әдетте метан сияқты газдың бөлініп шығу қаупі бар шахталарда енгізілетін тәртіп шаралары.* **Газ сұйылту.** тех. *Газды сұйық күйге айналдыру үдірісі.* **Газ тарту.** тех. *Газ желісін жүргізу.* **Газ тәрізді қалдықтар.** *Табиғи және жасанды газдардың ауада жануынан, автокөліктердің моторынан бөлінген, минералды және басқа отындардың жануынан пайда болған қалдықтар.* **Газ үрлеу.** кен. *Балқыған металды немесе қожды араластыру және басқа да технологиялық процестер үшін жүргізілетін үрлеу үдерісі.*

**ГАЗ[2]** [франц. gaze] зат. тоқыма. *Үлпілдек, селдір, жасанды жібек мата.*

**ГАЗАНЫҚТАҒЫШ** зат. тех. *Газ құрамындағы әртүрлі қосынды мөлшерін анықтайтын аспап.*

**ГАЗАРЫНДЫ: Газарынды режим.** геол. *Қойнауқаттағы мұнай газды тақия газының арыны әсерімен ығыстырылып шығарылуымен сипатталатын мұнайгазды жатын режимі.*

**ГАЗБАЛЛОНДЫ: газбаллонды қару.** әск. *Сұйық жағдайға дейін сығымдалған улы газдар (хлор, фосген немесе олардың қоспалары) толтырылған металл баллондар түріндегі соғыс қаруы.*

**ГАЗГЕОХИМИЯЛЫҚ: Газгеохимиялық қалыпсыздық.** геол. *Нақтылы мұнай-газды қойнауқатқа, горизонтқа, кешенге тиесілі газгеохимиялық көрсеткіштердің біреуі тұрғысынан (газбен қанығу дәрежесі, жекелеген газды құрамбөліктің мөлшері т.с.с.) орташа көрсеткіштен анық ауытқуымен сипатталатын олардың гидрогеологиялық табиғи қалыпсыздығы.*

**ГЕЗГИДРАТТЫ: газгидратты жатын.** геол. *Қысым мен температураның жеткілікті мөлшерлері жағдайында жер қыртысындағы табиғи газ кеуектік сулармен әрекеттесуі нәтижесінде қатты түрдегі гидраттық жағдайға ауысуымен сипатталатын шоғыр.*

**ГАЗГОЛЬДЕР** [ағыл. gasholder] зат. тех. *Газды қабылдауға, сақтауға және таратуға арналған, тұрақты орнықтырылған металл құрылыс.*

**ГАЗДА=** ет. *Газ қосу; газбен қанықтыру.*

**ГАЗДАН=** ет. *Газ толу; газ жүргізілу.*

**Газданған мұнайды сумен ығыстыру.** геол. *Өнімді қойнауқатқа еріген газдық режим мен шеттік және тоғытылма сулардың мұнайды ығыстыру әсері қатар өтуімен жүзеге асатын мұнай өндіру процесі.*

**ГАЗДАНҒАНДЫҚ** зат. экол. **1.** *Зиянды немесе жарылу қаупі бар газдардың ауа құрамында мөлшерден артық кездесуі.* **2.** физ. *Әртүрлі газдардың ауа құрамында тиісті мөлшерден көп артық кездесуі.*

**ГАЗДАНДЫРУ=** ет. хим. *Қатты немесе сұйық отынды жанар газға айналдыру.* **2.** тех. *Газды тұрмыста пайдалану, өнеркәсіп қажетіне жарату; газ тарту, газ жүргізу, газбен қамтамасыз ету.*

**ГАЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Газ жүргізілу, толтырылу.*

**ГАЗДАНУ** зат. *Газдан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Газбен толу; газ жүргізілу.* **2.** экол. *Ауада организм үшін өте зиянды газ тәрізді заттар мөлшерінің шамадан тыс көбеюі.* **3.** сөйл. *Іші желдену, қампаю.*

**ГАЗДАУ** *Газда етістігінің қимыл атауы; газбен толтыру.*

**ГАЗДЫ** сын. *Газ араласқан, газдалған.*

**Газды бетон.** құр. *Ұяшықты құрылым жасау үшін газтүзуші қоспалармен араласқан силикатты бетон, құрылыс материалы.* **Газды гангрена.** мед. *Анаэроб микробтары қоздыратын жаралардың ушығуы, еттің шіруі барысында газ көпіршіктері бөлінетін ауыр ауру түрі.* **Газды гидраттар.** геол. *Сырт көрінісі қарға немесе борпылдақтау мұзға ұқсайтын қатты кристалдық зат.* **Газды жанартау.** геол. *Алғашқы атқылауда тек қана газ шығаратын жанартау.* **Газды жатындар газы.** геол. *80-90%-ға дейін метандыжәне оның гомологтарын (әдетте пентанға дейінгі гомологтарды), сол сияқты азотты, көміртек қостотығын, сирек газдарды, сирегірек күкіртсутекті т.б. кіріктіретін мейлінше жеңіл, жоғары температурада қайнайтын және адсорбциялық белсенділігі төмен құрамбөліктердің бірфазалы қоспасы – табиғи көмірсутекті газ.* **Газды заттар.** физ. *Құрамында газ бар заттар.* **Газды конденсат.** хим. *Молекуласында көміртек атомдары 4-тен жоғары болып келетін сұйық көмірсутек қоспасы.* **Газды кондициялау.** физ. *Газды қажетті тұрақты құрамға және температураға келтіру.* **Газды көмір.** кен. *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің екінші сатысы жағдайында қалыптасқан тасқөмір түрі.* **Газды қару.** әск. *Көзден жас ағызатын және тітіркендіретін заттарды қолдану арқылы тірі нысанаға уақытша зақым келтіруге арналған қару.* **Газды сусындар.** тамақ. *Газбен қанықтырылған сусындар.*

**Газды оқтар**. әск. *Газбен атылатын қаруларға арналған оқ-дәрілер.* **Газды тақия.** геол. *Жер қойнауындағы мұнайлы қойнауқаттың ең көтеріңкі өңірлерін қоныстанған мұнай газының жиынтығы, тұтас мұнайлы-газды жатынның құрам-бөлігі.* **Газды тақия газы.** геол. *Қойнауқаттық жағдайда газдық фаза түрінде мұндайда еріген газбен тепе-тең жағдайдағы мұнай үстіне орналасатын, өзінің құрамы жағынан ауыр көмірсутектер мөлшерінің аздығымен ерекшеленетін мұнайлы-газды (газды-мұнайлы) жатындардағы табиғи көмірсутектік газ.* **Газды шабуыл.** әск. *Қарсыласты газ тәрізді улағыш заттармен жою тәсілі.* **Газды электрод.** физ. *Электрод бетінде реакцияға қатысушылардың бірі газ болып келетін электрод.*

**ГАЗДЫҚ** сын. жаратыл. *Газға қатысты.*

**Газдық кеуектілік.** кен. *Бүкіл көлем бойына тараған ұсақ газ кеуектері түріндегі құйма ақауы.* **Газдық коррозия.** физ. *Қоршаған ортаның газ тектес компоненттерінің әсерінен жүретін коррозия.* **Газдық режім.** *Кен қазбаларында (шахта, кеніш т.б.) метан, сутек, күкіртті сутек газдарының бөліну қаупі туғанда қолданылатын сақтық шаралар.* **Газдық талдау.** хим. *Анықталатын құрауыш газ фазасында болатын немесе сол күйге өтетін үдеріс.* **Газдық турбина.** тех. *Қалақшалы аппараттағы қысымы мен температурасы жоғары болып келетін газдың энергиясын біліктің механизм жұмысына түрлендіретін турбина.* **Газдық түсірім.** кен. *Газдардың таралуын белгілеу әдісі.* **Газдық фактор.** геол. *Ұңғымадан шыққан мұнай құрамындағы газ мөлшерінің көрсеткіші.*

**ГАЗДЫЛЫҚ: газдылық шектемесі.** геол. *Нақтылы қойнауқаттың газды тақия түріндегі дербес газ шоғырын шектейтін тұтас шекара.* **Газдылықтың сыртқы шектемесі.** геол. *Газ-мұнай немесе газ-су жапсарларының газ кіріктіретін қойнауқат жабынымен тоғысу сызығының проекциясы.* **Газдылықтың ішкі шектемесі.** геол. *Газ-мұнай немес газ-су жапсарларының газ кіріктіретін қойнауқат табанымен тоғысу сызығының проекциясы.*

**ГАЗЕЛЬ**[1] [франц. gazelle] зат. зоол. *Қос тұяқтылар тобындағы қуысмүйізділер туысына, бөкен тұқымдасына жататын әсем тұлғалы, жүйрік жануардың бір түрі.*

**ГАЗЕЛЬ**[2] зат. әдеб. *Ұйқасы аяғында болатын екі жолды өлең.*

**ГАЗЕСЕПТЕУІШ** зат. тех. **1.** *Газдың жұмсалуын есептейтін аспап.* **2.** *Су құрғататын ұңғылардан келетін немесе газ құбырынан өтетін газдың көлемін анықтайтын тіркеуші аспап.*

**ГАЗЕТ** [итал. gazzetta] зат. **1.** *Ағымдағы саяси-әлеуметтік өмірден, мәдени, экономикалық, спорттық т.б қоғамдық мәлімет-ақпарат беретін, үлкен парақтардан тұратын, түптелмейтін күнделікті немесе апталық мерзімді басылым.* **2.** *Газет дайындап шығаратын баспасөз ұжымы, мекемесі.* **3.** *Ақпарат жарияланатын басылымның материалы, жұқа парақ, қағаз.*

**Газет бетінде жарық көрді [жарияланды].** *Газет басылымында, газеттің кезекті санында мақала немесе т.б. түрінде шықты, хабарланды, жазылды.* **Газетке жазылу.** *Газетті белгілі мерзім, уақыт ішінде үзбей алу үшін, алдын ала қаражат төлеп, құжат толтыру.* **Газетке шықты.** *Газетке жарияланды.* **Газет киоскі.** *Газет, журнал сияқты мерзімді басылым өнімдерін сататын дүңгіршек.* **Газет қиындысы [қағазы, жыртындысы].** *Бұрынғы кезде газет беттерінен ұсақтап кесіліп, темекі орауға арнап дайындалған жұқа қағаз.* **Газет қызметкері.** *Мерзімді баспасөз ұйымында жұмыс істейтін маман.* **Газет нөмірі.** *Мерзімді шығатын газеттің кезекті саны.* **Газет редакторы.** полигр. *Мерзімді басылым органының немесе оның бір бөлімінің шығармашылық-шаруашылық жұмыстарына басшылық жасайтын баспа қызметкері.* **Газет тігіндісі.** *Бір жыл немесе бір ай ішінде шыққан газеттің түптемесі, жиынтығы.* **Газет тілі.** *Күнделікті немесе апталық мерзімді басылымдардың тілі.* **Газет шығару.** полигр. *Мерзімді басылым ісін ұйымдастыру.*

**ГАЗЕТА** ор. зат. сөйл. ***Газет.***

**ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ** зат. *Мерзімді басылымдар, газет пен журнал.*

**ГАЗЕТСІЗ** сын. *Газеті жоқ.*

**ГАЗЕТТІК** сын. *Газетке лайықталған.*

**ГАЗЕТХАНА** зат. полигр. *Газет дайындалып шығарылатын баспа, мекеме немесе газет редакциясы.*

**ГАЗЕТШІ** зат. сөйл. **1.** *Газет қызметкері, тілші, журналист.* **2.** сөйл. *Көшеде тұрып газет сатушы, көше, үй аралап газет таратушы.*

**ГАЗЖҰТҚЫШ** зат. тех. *Газдар мен буларды сіңіретін және күшті ұстайтын зат.*

**ГАЗИК** зат. сөйл. *Ресейдің Горький атындағы автокөлік зауытынан шыққан автомәшинелердің халық арасындағы қысқарған атауы.*

**ГАЗИФИКАЦИЯЛАУ *Газдандыру.***

**ГАЗОКАМЕРА** зат. **1.** *Газ толтырылған арнаулы бөлме.* **2.** әск. *Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік концентрациялық лагерлерде тұтқындарды тұншықтырып өлтіретін газ толтыратын арнайы бөлме.*

**ГАЗКОНДЕНСАТ** [франц. gaz, грек. chaos – хаос, condensation – қоюлатылған] зат. тех. *Буландыру (конденсаттау) арқылы сұйық түрге айналдырылған газ өнімі.*

**ГАЗКОНДЕНСАТТЫ: газконденсатты жатын.** геол. *Газдық фазаның құрамында $C_1$, $C_2$, $C_3$ (метан, этан, пропан) көмірсутектерімен қатар еріген күйдегі көмірсутектер ($C_4$ – бутан), тіпті лигроиннің және керосиннің құрамына кіретін көмірсутектері бар, қойнауқаттық қысымы өте жоғары (P>100 атм) газ жатыны.* **Газконденсатты кенорын.** геол. *Газконденсатты жатындарды кіріктіретін кенорын.*

**ГАЗКОНДЕНСАТГАЗДЫ: Газконденсатгазды жатын.** геол. *$C_5$+ жоғары құрамды көмірсутектер мөлшері жатын көлемінің 0,2-0,6 пайызы аралығында болып келетін газ жатыны.*

**ГАЗКӨЛЕМДІК: газкөлемдік талдау.** хим. *Зерттелетін заттың өлшендісі реактивпен әрекеттескенде бөлінетін газ көлемін өлшеуге негізделген газдық талдау.*

**ГАЗҚАНЫҒУЛЫҚ** зат. тех. *Тау жыныстарының өз бойындағы газ мөлшерімен сипатталатын жинауыштың қабілеті.*

**ГАЗҚҰБЫР** зат. тех. *Магистральдік газ құбыры; жанғыш газдарды шығатын жерінен не өндірілетін орнынан алыс қашықтыққа (жүздеген және мыңдаған километрге дейін) тасымалдауға арналған құрылыс.*

**ГАЗҚЫЗДЫРҒЫШ** зат. тех. *Газбен оталатын қыздырғыш.*

**ГАЗЛИФТ** зат. тех. *Сығылған газдар арқылы сұйықты көтеруге арналған құрылғы.*

**ГАЗ-МҰНАЙ** сын. тех. *Газ және мұнай өңдеуге, шығаруға, қолдануға қатысты, сонымен байланысты.*

**Газ-мұнай жапсары.** тех. *Газ-мұнай (мұнайгаз) шоғырында мұнайды газдан бөліп тұратын жазықтық.*

**ГАЗ-МҰНАЙЛЫ: газ-мұнайлы шоғыр.** тех. *Мұнайды және газды кіріктіретін, бірақ мұнайының қоры газ қорынан көбірек болып келетін қос тарамды шоғыр.* **Газ-мұнайлы жатын.** геол. *Мұнай және газды кіріктіретін, бірақ мұнайының қоры газ қорынан көбірек болып келетін қосфазалы жатын.* **Газ-мұнайлы кенорын.** геол. *Мұнайдың жиынтық геологиялық қоры газ қорына қарағанда көбірек болып келетін кенорын.*

**ГАЗОЙЛЬ** [франц. gaz, ағыл. oil – май] зат. хим. *Дизельдерге арналған сұйық минералды жанармай сұрыбы.*

**ГАЗОЛИН** [франц. gaz, лат. oleum – май] зат. хим. *Газдық бензин, мұнайды айдағанда немесе өндірілген газды бөлгенде алынатын жеңіл көмірсутектердің қоспасы.*

**ГАЗОМЕТР** [франц. gaz, грек metron – өлшем] зат. тех. *Мөлшерлі газды жинап сақтайтын, өлшейтін ыдыс.*

**ГАЗОМОТОР** зат. *Газбен жүргізілетін мотор.*

**ГАЗОН** [франц. gazon] зат. ***Көгал*** *(біркелкі тегістеп қырқылған көк шөп өсірілген немесе гүл егілген алаң).*

**ГАЗОНДЫҚ** сын. *Көгалға, газонға лайықталған.*

**ГАЗОТРОН** зат. тех. *Инертті газ, сутегі немесе сынап буларымен толтырылған, доғалық немесе солғын разряды бар екі электродты аспап.*

**ГАЗОТЫН** зат. тех. *Газдық қасиеттері бар отын түрлері.*

**ГАЗӨЛШЕУІШ** зат. тех. *Газөткізуші құбырдан өтетін газдың мөлшері мен оның жұмсалуын өлшейтін аспап.*

**ГАЗӨНДЕУ** зат. тех. *Газды тазалау, сұйылту және т.б. күйге келтіру тәсілі.*

**ГАЗӨТІМДІЛІК** зат. геол. *Денелердің, соның ішінде таужыныстардың өз бойындағы кеуектер мен жарықтар арқылы газ өткізу қабілеті.*

**ГАЗПАНА** зат. әск. *Арнайы жасалған қорғаныс ғимараты немесе герметизацияланған және сүзгілі желдеткіш қондырғылармен жабдықталған орын.*

**ГАЗ-ПЛАЗМАЛЫҚ: газ-плазмалық мониторлар.** инф. жаңа. <ағыл. gas-plasma monitor> *Арасында электрлік импульстердің әсерінен белгілі бір орындарда жарықталатын газдық қоспа орналасқан екі шыны пластинасы бар құрылғы.*

**ГАЗПЛИТА** зат. *Газ отымен тағам пісіретін ас үйлік аспап.*

**ГАЗСАУЫТ** зат. тех. *Газсыздандырғыш ұңғыма.*

**ГАЗ-СУ: газ-су жапсары.** геол. *Газ жатыны мен қойнауқаттық су қабатын бір-бірінен ажырататын жазықтық.*

**ГАЗСЫҒЫМДАУ** зат. хим. <лат. sublimane> *Қатты дененің сұйық күйге айналмай тұрып-ақ бірден газға айналуы; заттарды тазартудың ең тиімді әдістерінің бірі.*

**ГАЗСЫЗ** сын. **1.** тех. *Отын түріндегі газы жоқ, газ желісі немесе құбыры тартылмаған.* **2.** физ. *Газы жоқ.*

**ГАЗСЫЗДАН=** ет. *Газдан арылу.*

**Газсызданған мұнай.** геол. *Қойнауқаттық жағдайда немесе жер бетінде қойнауқаттық қысымның азаюы салдарынан газ массаларын бөле бастайтын мұнай.*

**ГАЗСЫЗДАНДЫР=** ет. *Газдан арылту, газды жою.*

**Газсыздандыратын ерітінді.** әск. *Әскери бөлімдер мен бөлімшелерде газсыздандыру жұмыстарын жүргізуге қолданылатын ерітінділер.*

**ГАЗСЫЗДАНДЫРҒЫШ** тех. *Газдан арылтатын, газды жоятын.*

**ГАЗСЫЗДАНДЫРУ** *Газсыздандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** экол. *Улы газдардың зиянды әрекетін жою, улы газбен уланған нысандарды (жерді, өсімдікті, тамақты, қару-жарақты, киімді т.б.) тазарту шаралары.* **2.** металл. *Вакуумдық өңдеу әдісі арқылы сұйық металдағы еріген газдарды ажыратып алу.* **3.** геол. *Тау жыныстарындағы газды табиғи немесе жасанды жолдармен шығару.*

**Газсыздандыру аймағы.** кен. *Беті ашылған кен қабатымен шектесетін көмір немесе таужыныс массивінің телімі.* **Газсыздандыру заттары.** әск. *Улағыш заттармен өзара белсенді араласып, оларды усыз құрамаларға айналдыратын химиялық құралдар.* **Газсыздандыру мәшинесі.** әск. *Әскери техниканы, киім-кешекті, қорғаныш құралдары мен жергілікті жердің өңірлерін газсыздандыруды, залалсыздандыруды механикаландыру құралы.* **Газсыздандыру орны.** әск. *Уланған және газсызданған заттар қойылатын қоймалар, оларды жуып тазалайтын орындар, газсыздандыратын мәшинелер орналасқан алаң.*

**ГАЗТАЗАЛАҒЫШ** зат. тех. *Газды зиянды қоспалардан тазартатын, ауаға бөлінетін зиянды қоспаларды аулайтын аспап.*

**ГАЗТАЛДАУЫШ** зат. тех. *Газды қоспалардың сапалық және сандық құрамын анықтауға арналған құрал.*

**ГАЗТӘРІЗДЕС** сын. *Агрегаттық күйі газтекті, газ түрінде болатын.*

**ГАЗ-ТОЗАҢДЫ** сын. *Құрамында газ және тозаңы бар.*

**ГАЗТУРБИНАЛЫ** сын. тех. *Газдың жұмыс істеу энергиясын айналмалы білік энергиясына айналдыратын қозғалтқышы бар.*

**ГАЗТУРБИНА** зат. тех. *Газдың жұмыс істеу энергиясын айналмалы білік энергиясына айналдыратын қозғалтқыш.*

**ГАЗТУРБИНАЛЫҚ** сын. тех. *Газдың жұмыс істеу энергиясын айналмалы білік энергиясына айналдыратын қозғалтқышы бар.*

**Газтурбиналық қозғалтқыш.** тех. *Газы алдымен сығылып қыздырылатын, содан кейін сығылған және қызған газдың энергиясын білігінде механикалық жұмысқа түрленетін жылулық қозғалтқыш.* **Газтурбиналық стансылар.** тех. *Электр генераторының жетегі ретінде газдық турбина пайдаланатын жылу электр стансысы.*

**ГАЗТҰМЫЛДЫРЫҚ** зат. әск. *Улағыш және радиациялық заттардан қорғайтын сүзгісі бар, адамның басына киетін маска.*

**ГАЗШАМ** зат. тех. *Газбен жанатын шам.*

**ГАЗШАР** зат. астр. *Газ массасының шоғыры.*

**ГАЗШЫ** зат. *Газ жүргізу ісімен айналысатын адам.*

**ГАЙДУК** [венг. hajduk] зат. тар. **1.** *XV-XIX ғ. ғ. Шығыс Еуропадағы түрік билігіне қарсы күресуші Балқан және Венгрия партизандары.* **2.** *Басыбайлылық құқық тұсында: атқосшы.*

**ГАЙКА** зат. тех. *Белгілі бір бөлшек заттарды бекіту үшін қолданатын көп қырлы, бунақты, металдан жасалған деталь, бұранда.*

**ГАЙМОРИТ** зат. мед. *Кеңсіріктің жоғарғы жақ қойнауындағы кілегей қабықшасының қабынуы.*

**ГАЙОТ** зат. геол. *Ұшар басы мұжылып тегістелген, беткі деңгейі біршама тегіс жазықты, сөнген суасты жанартауы.*

**ГАЙТАН** зат. балықшар. *Балықшылардың сүзекі аудың торын жабдықтап тігу үшін қолданатын, мықты етіп ширатылған жіп.*

**ГАЛ** зат. физ. *Халықаралық Бірліктер жүйесіндегі 1 см/с$^2$- тең үдеу бірлігі, белгісі –* г а л, *Gal.*

**ГАЛА** [франц. gala] *Еуропа және орыс тілдерінен енген сөздерге «үлкен, сәнді, салтанатты» деген қосымша мазмұн беретін күрделі сөздердің бірінші бөлігі.* Мыс: *гала-концерт, гала-фестиваль, гала-матч.*

**ГАЛАГАН** зат. тамақ. *Жаңа ауланған көксеркенің шарбысы мен тұздалған уылдырығы.*

**ГАЛА-КОНЦЕРТ** зат. өнер. *Үлкен, кең көлемде өткізілетін салтанатты концерт.*

**ГАЛАКТИКА** [грек. galaktikos] зат. астр. *Аспан әлеміндегі күнді де қоса қамтитын алып аумақты жұлдыздар жүйесі.*

**Біздің галактика.** астр. *Құрамына Күн енетін ғаламшарының бірі Жер болып табылатын галактиканың ғалымдар арасындағы атауы.* **Галактикадан тыс астрономия.** *Астрономияның біздің галактикадан тыс ғарыштық денелерді зерттейтін бөлімі.*

**ГАЛАКТИКААРАЛЫҚ** сын. *Галактикалар арасындағы, екі немесе бірнеше галактикалар бойынша.*

**ГАЛАКТИКАДАЙ** сын. *Галактика сияқты.*

**ГАЛАКТИКАЛАР** зат. астр. *Біздің галактикадан тыс орналасқан алып жұлдызық жүйелер.*

**ГАЛАКТИКАЛЫҚ** сын. *Галактикаға тән.*

**Галактикалық жыл.** астр. *Күн жүйесі галактика центрі төңірегінде бір айналым жасайтын уақыт аралығы.* **Галактикалық тұмандық.** астр. *Галактика құрамына енетін сиретілген газдар мен тозаңдардан тұратын әр түрлі аспан объектілері.*

**ГАЛАКТОЗА** [грек. galaktos] зат. хим. *Табиғатта көп кездесетін алты атомды қанттардың бір түрі.*

**ГАЛАКТОЗЕМИЯ** [грек. galaktos] зат. мед. *Галактозаның глюкозаға айналуына қажет ферменттің болмауынан зат алмасудың генетикалық бұзылуы.*

**ГАЛАКТОРИЯ** зат. малшар. *Ию, малдың июі.*

**ГАЛАКТОРЕЯ** зат. мед. *Емшектен сүттің өзінен-өзі патологиялық шығуы.*

**ГАЛАКТОСТАЗ** зат. мед. *Емшек емізетін әйелдің сүт бездерінде сүттің іркіліп қалуы.*

**ГАЛАКТОФОРИТ** зат. мед. *Сүт безі түтіктерінің қабынуы, маститтің бір түрі.*

**ГАЛАКТУРОН: галактурон қышқылы.** хим. *D – галактозаның алтыншы көміртегінің тотығуы нәтижесінде түзілген бір негізді гексурон қышқылы.*

**ГАЛАЛИТ** [грек. gala – сүт, lithos – тас] зат. хим. *Сүттен алынатын сарғылт түсті жұқа зат.*

**ГАЛАНТЕРЕЯ** [франц. galanterie] зат. **1.** *Айна, тарақ, ине-жіп сияқты күтінім заттары мен жеке пайдалану заттарының саудалық аты.* **2.** *Уақ-түйек бұйымдар сататын арнаулы дүкен я бөлім.*

**ГАЛАНТИН** зат. тамақ. *Балық немесе құс етінен жасалған тағам түрі.*

**ГАЛАТ** зат. *Біздің заманымыздан бұрынғы 278-277 ж. Кіші Азияға басып кіріп, оның батыс өңірін қоныстанған кельт тайпасы.*

**ГАЛЕГА** [лат. galega] зат. бот. *Жылы жақта өсетін жасыл гүлді, бұршақ тәрізді жабайы өсімдік.*

**ГАЛЕНИТ** [лат. galena] зат. геол. *Қорғасын түсті сұр минерал, қорғасын сульфиді, негізгі қорғасын кені.*

**ГАЛЕРА** [итал. galera] зат. тар. **1.** әск. *Ағаштан құрастырылған, ең алғаш венециялықтар жасаған әскери ескелі кеме.* **2.** тар. *Орта ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде құлдар мен тұтқынға түскендерді, айыпталғандарды ескекші ретінде пайдаланған көп ескекті көне әскери кемеге жіберіп жазалау.*

**ГАЛЕРЕЯ** [франц. galerie] зат. **1.** сәулет. *Үлкен үйдің бөлшек-бөлшектерін біріктіріп, қатынастырып тұратын, төбесі жабық, бір жағы ашық ұзын ғимарат.* **2.** *Қабырғаны тұтас алған ұзын балкон.* **3.** *Театрдың көрермендерге жоғарыдан арналған орны, қатары.* **4.** *Суреттер көрмесіне арналған музей үйі.* **5.** құр. *Плотина және т.б. құрылысында бетон немесе темірбетон бөгеттергінде қалдырылатын қуыс.* **6.** ауыс. *Біркелкі заттардың тобы, тізбегі.*

**ГАЛЕТ** [франц. galette] зат. тамақ. *Ұзақ мерзім сақталатын, нанды алмастыратын печеньелер.*

**ГАЛЕЯ** зат. балықшар. *Нәлімдер тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

**ГАЛИСИЯЛЫҚ** зат. *Испаниядағы Галисия облысының жергілікті халқы.*

**ГАЛИТ** [грек. hals] зат. геол. *Тұз қышқылының натрий тұзы, ас тұзы галоидтер класына жататын минерал (NaCl), тұрмыста ас тұзы деп аталады.*

**ГАЛИФЕ** зат. киім. *Екі жаны делдиіңкі, тар балақты, етікпен киетін (әскери) шалбар.*

**ГАЛИФЕЛІ** сын. *Галифе шалбар киген.*

**ГАЛЛА: галла нематоды.** [лат. meloidogyne spp] зоол. *Жұмырқұрттар табына жататын, өсімдік тамырында масыл болып тіршілік ететін жәндік.*

**ГАЛЛАЛАР** зат. *Эфиопиядағы екі ірі этникалық топтың бірі.*

**ГАЛЛДАР** зат. тар. *Ежелгі кельт тайпасы.*

**ГАЛЛИЙ** [лат. gallia] зат. хим. *Д.И.Менделеевтің периодты системасының үшінші тобындағы элемент.*

**ГАЛЛИЦА** [лат. itonididae] зат. зоол. *Үлкендігі төрт-бес мм қос қанаттылар отрядына жататын жәндіктер.*

**ГАЛЛИЦИЗМДЕР** [франц. gallicisme] зат. лингв. *Француз тілінен енген және өзге тілдік бөтен элемент ретінде танылатын сөздер немесе сөз қолданыстары. Мыс., галерея, клише, нувориш.*

**ГАЛЛОГРЕК** зат. ***Галаттар.***

**ГАЛЛОН** [ағыл. gallon] зат. *Ұлыбритания, АҚШ және басқа да кейбір ағылшын өлшемін қолданатын елдердегі сұйық және цнтақ заттар өлшемінің бірлігі.*

**ГАЛЛУАЗИТ** зат. геол. *Силикаттар тобына жататын минерал.*

**ГАЛЛЮЦИНАЦИЯ** [лат. hallucinatio] зат. мед. *Ми қызметінің бұзылуы нәтижесінде жоқ нәрсені бардай елестетін (көру, иісін сезу, есту т.б.) жалған сезім.*

**ГАЛЛЮЦИНАЦИЯЛЫҚ** сын. *Галлюцинацияға, жасалған елеске қатысты, соған тән.*

**ГАЛЛЮЦИНОГЕН** зат. мед. *Ми қызметін бұзатын және галлюцинация тудыратын өсімдік не синтезделген жасанды зат.*

**ГАЛЛЮЦИНОГЕНДІК: галлюциногендік интоксикация.** мед. *Адамның галлюцинагенді пайдаланудан улануы.*

**ГАЛЛЮЦИНОЗ** зат. мед. *Алкоголизмге ұшырағанда және т.б. ауру салдарынан галлюцинация тудыратын жүйке ауруы.*

**ГАЛО[1]** [франц. halo] зат. метеор. *Күн немесе Ай айналасында пайда болатын, пішіні Күн дискісіне ұқсас жарық дақтар (атмосфералық-оптикалық құбылыс).*

**ГАЛО[2]** [франц. hals] ...*Мағынасы «тұз» сөзіне сәйкес күрделі сөздердің бірінші бөлігі, мыс:* галофиттер.

**ГАЛОБИОНТТАР** биол. *Өте тұзды теңіздер мен көлдерде тіршілік ететін организмдер.*

**ГАЛОГЕН** зат. хим. *Фтор, бром, хлор, йод сияқты химиялық элементтер.*

**ГАЛОГЕНДЕР** [грек. hals – тұз, genes – түзуші] зат. хим. *Металдармен қосылған кезде тұздар пайда болатын химиялық элементтер тобы (фтор, хлор, бром, йод, т.б.).*

**ГАЛОГЕНДЕУ=** ет. хим. *Галогендерге айналдыру.*

**ГАЛОГЕНДІ: галогенді шам.** *Жарық шамның ішіндегі инертті газдың құрамында галогендер (йод немесе бром) болатын шам.*

**ГАЛОГЕНДІК** сын. хим. *Галогенге тән, сол сияқты.*

**Галогендік жыныстар.** геогр. *Құрғақшылықтан кеуіп бара жатқан теңіз, бассейндердің, тоғандардың, тұзды көлдердің түбінде қалған қаныққан ерітінділердің кристалдануы нәтижесінде түзілетін хемогендік шөгінді жыныстар.* **Галогендік кендер.** геол. *Галогендік жыныстардан қалыптасқан кен.*

**ГАЛОГЕНЕЗ: галогенез геохимиясы.** хим. *Тұздар кенорындары мен олардың өзгеруін қалыптастыратын химиялық элементтер миграциясы процестерінің жиынтығы.*

**ГАЛОГЕНИДТЕР**[1] зат. хим. *Галогендердің басқа элементтермен түзетін қосылыстары.*

**ГАЛОГЕНИДТЕР**[2] зат. геол. *Табиғи галоидтар – минералдар тобы, галлосутекті қышқылдардың тұздары (HF, HCl, HBr, HJ).*

**ГАЛОГЕНСУТЕГІ** зат. хим. *Галогендер мен сутегінің қосылысынан түзілген зат.*

**ГАЛАКТОФОРОГРАФИЯ** зат. мед. *Емшек түтіктеріне контраст жіберіп рентгенге түсіру.*

**ГАЛАКТОЦЕЛЛЕ** зат. мед. *Сүт безінің ретенциялық кистасы.*

**ГАЛОП** [франц. galop] зат. муз. *Жылдам екпінмен биленетін би музыкасы.* **2.** спорт. *Ат шабысының түрі.*

**ГАЛОПЕЛИТТЕР** зат. геол. *Құрамында 30% ерігіш тұздар бар сазды және әксазды тау жыныстар.*

**ГАЛОФИЛДЕР** [грек. halos – тұз, phileo – сүйемін] зат. *Тұзды ұнататын жануарлар тобы, тұзы топырақ бетіне шыққан жерлерде тіршілік ететін жәндіктер.*

**ГАЛОФИТТЕР** [грек. halos – тұз, phiton – өсімдік] зат. бот. *Сор-сортаң топырақта өсетін, тұзды ортаға бейімделген сораң өсімдіктер (сораң, кермек, сарсазан, бұйырғын, т.б.).*

**ГАЛОФОБТАР** [грек. halos – тұз, phobos – қорқыныш] зат. бот. *Тұзды топырақты жаратпайтын, тұщы ортаға бейімделген өсімдіктер.*

**ГАЛОШ** [франц. galoches] зат. *Тазалық үшін аяқ киім сыртынан киілетін резина киім.*

**ГАЛСТУК** [нем. Halstuch] зат. **1.** ***Мойынтақ*** (көйлектің жағасын орай, алқымын түйіп, мойынға байлайтын жібек, тағы басқа матадан жасалған зат). **2.** ***Мойынтақ*** сов. (пионерлер тағатын үш бұрышты қызыл мата).

**ГАЛТЕЛЬ** [нем. Hohlkehle] зат. сәулет. **1.** *Заттың ұшкір бұрышын жұмыр, дөңгелек ету.* **2.** *Қабырғамен еденнің қилысындағы қуысты жасырып тұратын ағаш тақтайша (плинтус).*

**ГАЛУА: галуа теориясы.** мат. *Бір белгісізі бар жоғары дәрежелі алгебралық теңдеулер жөніндегі теория. Оны Э.Галуа жасаған.*

**ГАЛУН** [франц. galon] зат. *Әскери т.б. киімдердің жаға, жеңдерін алтын, күміс, түрлітүсті жылтырауық әшекеймен көмкере безендірілген таспа, әшекейлі жолақ.*

**ГАЛУРГИЯ** хим. *Әртүрлі тұздарды өндіруді жүзеге асыратын химиялық технология тармағы.*

**ГАЛЬВАНИ: гальвани элементі.** хим. а) *Жанасатын фазалар жиынтығында ең болмаса біреуі иондық өткізгіш, ал басқалары электрондық болатын және бөліну шекарасында электр әлуеттерінің айырымы пайда болып, соның нәтижесінде ашық тізбектің ұштарында пайда болған электр қозғаушы күш.* ә) *Бір гальвани ұяшығынан тұратын химиялық ток көзі.*

**ГАЛЬВАНИЗАЦИЯ** зат. физ. *Емге, техникалық я басқа бір қажетке электрдің тұрақты тоғын қолдану.*

**ГАЛЬВАНО** *Еуропа және орыс тілдерінен енген күрделі сөздің гальваникалық токқа қатысы барлығын білдіретін бірінші бөлімі, мыс: г а л ь в а н о п л а с т и к а.*

**ГАЛЬВАНОМЕТР** зат. физ. *Электрдің әлсіз тоғын өлшейтін аса сезгіш аспап.*

**ГАЛЬВАНОКАУСТИКА** [итал. Galvani, грек, kaustikos – күйдіретін] зат. **1.** физ. *Электр тоғының күшімен металл бетінде сурет, өрнекті күйдіріп салу.* **2.** мед. ***Гальванотермия.*** *Тканьдарды электр тоғымен, қатты қызған металл түтікшілермен күйдіру (мыс: полиптерді сылып тастағанда).*

**ГАЛЬВАНОМАГНИТ: гальваномагниттік құбылыстар.** физ. *Бойымен ток жүретін қатты өткізгіштердің (металдармен шала өткізгіштердің) электрлік қасиеттеріне әсер ететін магнит өрісіне байланысты құбылыстардың жиынтығы.*

**ГАЛЬВАНОПЛАСТИКА** [итал. galvani, грек. plastike – түсін жасау] зат. тех. *Гальванотехникада электролиз әдісімен металл немесе металл емес түпнұсқадан металл көшірме жасау.*

**ГАЛЬВАНОСКОП** [итал. galvani, грек. skopeo – қарапайым] зат. тех. *Электр жүйесінде тұрақты электр тоғының барлығын және оның бағытын анықтайтын аспап.*

**ГАЛЬВАНОСОҚҚЫЛЫ: гальваносоққылы теңіз минасы.** әск. *Мина корпусынан шығыңқы қалпақша кемеге тигенде жарғышы іске қосылатын түйіспелі мина.*

**ГАЛЬВАНОСТЕГИЯ** [итал. galvani, грек. stego – қаптаймын] зат. тех. *Электролиттік тұндыру әдісі арқылы бұйым бетіне қорғаныш немесе сәндік металл қаптама жасау.*

**ГАЛЬВАНОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Тұрақты электр тоғын емдік және аурудың алдын алу мақсатында пайдалану.*

**ГАЛЬВАНОТЕХНИКА** зат. тех. *Қолданбалы электр химиясының металды металл және металл емес бұйымдардың беткі қабатына электролиттік тұндыру процесін қамтитын саласы.*

**ГАЛЬВАНОТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Гальванотехникаға тән, соған қатысты.*

**ГАЛЬМАНИН** зат. мед. *Түрлі қосындылардан алынатын ұнтақ, шуаш дәрісі.*

**ГЕЛЬМГОЛЬЦ: гельмгольц энергиясы.** хим. *Ішкі энергияның энтропиямен абсолюттік температура көбейтіндісінің арасындағы айырым болып келетін термодинамикалық жүйенің күй функциясы.*

**ГАЛЬМИРОЛИЗ** зат. геол. *Тұзды ерітінділер әсерінен минералдардың ыдырауы (бұзылуы).*

**ГАЛЬЯРДА** [итал. gagliarda] зат. *Баяу биленетін павана биінен кейін іле-шала жылдам қозғалысты би.*

**ГАМАДРИЛ** [лат. hamadryas] зат. зоол. *Африка, Азия саванналары мен Араб түбегін мекендейтін, павиандар тобына жататын ірі маймыл.*

**ГАМАК** [франц. hamac] зат. *Сыртта, аспан астында демалу үшін екі ағаш немесе екі діңгек аралығына керіле байланатын тербелмелі, аспалы тордан жасалған кереует.*

**ГАМАКСОФОБИЯ** зат. мед. *Дөңгелекті көліктен қорқу.*

**ГАМАРТИЯ** зат. мед. *Жетілген организмде ұрық құрылымының қалдықтарының болуы.*

**ГАМАРТИЯ** зат. мед. *Анатомиялық құрылымдардың даму аномалиясы.*

**ГАМАРТОБЛАСТОМА** зат. мед. *Гамартоманың негізінде дамитын қатерлі ісік.*

**ГАМАРТОМА** зат. мед. *Ісік тәрізді түйін.*

**ГАМАРТОФОБИЯ** зат. мед. *Кінәлі іс жасап қоямын деген қорқыныш.*

**ГАМАШ** [франц. gamaches] зат. киім. *Тізеге не тобыққа дейін жететін тоқымалы шұлық, киім түрі.*

**ГАМБИТ** [франц. gambit] зат. спорт. *Фигура я пешканы шығынға шығара отырып, басымдық алу үшін шахмат ойынындағы шабуыл жүрісінің басталуы.*

**ГАМБРИНИЗМ** зат. мед. *Сыра ішуден пайда болатын маскүнемдік.*

**ГАМБУЗИЯ** [исп. gambuxia] зат. зоол. *Тұсті сазандар отрядының безгек масасының дернәсілін жейтін, тірі туатын ұсақ балық.*

**ГАМБУРГЕР** [ағыл. hamburger] зат. тамақ. *Арасына түрлі қоспа салынған (ет, бифштекс, сыр, көкөніс, т.б.) тоқаш, нан.*

**ГАМЕТА** зат. мед. *Жетілген жыныстық жасуша.*

**ГАМЕТАЛАР** [грек. gametes] зат. биол. *Жануарлар мен өсімдіктердің аталық және аналық жасушалары.*

**ГАМЕТОБЛАСТ** [грек. gametoblastos] зат. биол. *Эмбриогенездің үшінші аптасында ұрық ағзасындағы саруыз қапшығы қабырғасында қалыптасатын алғашқы жыныс жасушасы.*

**ГАМЕТОГЕНЕЗ** [грек. gametogenesis] зат. биол. *Жыныс жасушаларының даму процесі.*

**ГАМЕТОГОНИЯ** зат. биол. *Қарапайым жәндіктердің жыныстық көбеюі.*

**ГАМЕТОПАТИЯ** зат. мед. *Гаметаның бұзылуының жалпы атауы.*

**ГАМЕТОЦИТ** [грек. gametocytos] зат. биол. *Пісіп-жетілген жыныс жасушасы.*

**ГАМИОНДАР** зат. биол. *Кейбір өсімдік пен жануарлардың жыныстық жасушаларынан (гаметаларынан) бөлінетін зат.*

**ГАМИЯ** [грек. gamos]. *Еуропа және орыс тілдерінен енген күрделі сөз құрамындағы «неке» мағынасына сәйкес бөлігі мыс.: моногамия, полигамия.*

**ГАМЛЕТТІК: гамлеттік сауал.** филос. *Бірбіріне қарама-қайшы екі шешімнің бірін таңдау қажеттілігінен туындайтын адамгершілік, философиялық және т.с. сипаттағы өте күрделі де қиын сұрақ [Гамлет – 1601 жылы жарыққа шыққан ағылшын классик жазушысы У.Шекспирдің аттас трагедиясының басты кейіпкері].*

**Гамлеттік сауал.** [ағыл.Hamlet] кіт. *Екі қарама-қарсылықтың қайсысын таңдау керек дегенге саятын сауал [Шекспирдің осы аттас трагедиясының бас кейіпкері Гамлеттің аты үнемі күмәнданушылық пен батыл шешімге келе алушылық арасындағы қайшылықтар әсерінде жүретін ішкі қайшылықтарға толы тұлғаның сипатына айналды].*

**ГАММА**[1] [грек. gamma] зат. **1.** муз. *Дыбыстардың бір я бірнеше октава мөлшерінде біресе жоғары, біресе төмендеу ырғағының жүйелі түрде орналасуы.* **2.** ауыс. *Әлденеше өзгеріп отыратын құбылыстардың, зат сапаларының үздіксіз бір жүйемен үйлесуі.* **3.** *Көркемөнер және декоративтік өнерде туындыларын әзірлегенде қолданылатын түр-түс, бояу байлығы.*

**ГАММА**[2] зат. **1.** лингв. *Грек әліпбиінің үшінші әрпі – Гg;* **2.** *Заттың нақты бір қалпын*

*белгілеу, мыс.: гамма-темір.* **3.** *Гамма-сәуле терминімен мағыналастық байланысты көрсететін қосымша.* **4.** физ. *Гамманың миллиондай бөлшегі.* **5.** физ. *Магнит өрісі кернеулігінің бірлігі.* **6.** *Массаның сирек қолданылатын үлестік бірлігі* $1\,u=10^{-9}$ *кг* $=10^{-6}$*г.*

**ГАММА-АМИНМАЙ** зат. хим. *Белоктар құрамына кірмейтін, жүйке жүйесінің медиаторы болып есептелетін амин қышқылы.*

**ГАММА-ГЛОБУЛИНДЕР** зат. биол. *Кейбір жұқпалы ауруларға қарсы емдеу - алдын алу емдомы ретінде қолданылатын, қарсы денелері бар қан белогының бір тобы, қан сарысуы глобулиндерінің бір тобы.*

**ГАММАДА** зат. геол. *Бетпақдала, Шу-Іле тау бөктерлеріндегі, Орталық Қызылқұмдағы ежелгі палеозойлық магмалы және метаморфтық тау жыныстары бұзылуынан қалыптасқан үгінді жыныстар бетін пласты борпылдақ жыныстардың жабуынан пайда болған тастытастақты шөл.*

**ГАММА-СӘУЛЕ** зат. физ. *Өте қысқа толқынды электромагниттік сәуленің бір түрі.*

**Гамма-сәуле шығару.** әск. *Ядролық жарылыс кезінде түзілетін, кемінде 10 м ұзын толқынды электромагниттік иондалған сәулелену, ядролық атомдардың энергиялық жағдайының өзгеруі, ядролыққа айналу және бөлшектердің аннигиляциясы.*

**ГАММА-СПЕКТРОМЕТР** зат. физ. *Гамма-сәуле кванттарының энергиясын және оның қарқындылығын өлшеуге арналған аспап.*

**ГАММА-ТӘСІЛДЕР** зат. геол. *Гамма сәулелерді өлшеу арқылы тау жыныстары мен рудаларды зерттеудің радиометрлік тәсілдерінің бірі.*

**ГАММА-ТЕРАПИЯ** зат. мед. *Гамма сәулесімен емдеу.*

**ГАММАРУС** зат. зоол. *Жұмсақ денелі шаяндар.*

**ГАММА-ФУНКЦИЯ** зат. мат. *Математикалық анализдегі трансцендент функциялардың маңызды түрі.*

**ГАМОМАНИЯ** зат. мед. *Көп әйелдермен некелік қатынасқа түсу құмарлығы.*

**ГАМОНТ** зат. биол. *Қарапайымдардың бір ядролы даму кезеңі.*

**ГАНГЛИОЗИДТЕР** зат. биол. *Гликосфинго-липидтер тобына жататын табиғи органикалық зат.*

**ГАНГРЕНА** [грек. gangraina] зат. мед. *Ағзаның зақымданған жерін, бір мүшесінің немесе тін бөлігінің өліеттенуі, шіруі.*

**ГАНГРЕНАЛЫ** сын. мед. *Гангренаға айналған.*

**ГАНГРЕНОЗ** зат. мед. *Шіріме күс.*

**ГАНГСТЕР** [ағыл. gangster] зат. *Америка Құрама Штаттарында және кейбір елдердегі ұйымдасқан қылмыскерлер, қарақшылар тобының мүшесі.*

**ГАНГСТЕРИЗМ** [ағыл. gangster] зат. *Батыс елдерінде етек алған Мемлекеттік шенеуніктерді өлтіру, қорқыту, күш қолдану, сатып алу сияқты әрекеттерден көрінетін ұйымдасқан қылмыстық іс.*

**ГАНГСТЕРЛІК** сын. *Қарақшылық, тонаушылық.*

**ГАНДБОЛ** [ағыл. hand ball] зат. спорт. *Допты қолмен қағып ойнайтын командылық спорт ойыны.*

**ГАНДБОЛИСТ** зат. спорт. ***Гандболшы.***

**ГАНДБОЛШЫ** зат. спорт. *Гандбол ойыншысы.*

**ГАНДИЗМ** зат. филос. *Үндістанның тәуелсіздігі үшін күрес кезінде пайда болған діни-философиялық әрі әлеуметтік-саяси ілім.*

**ГАНДИШІЛДІК** зат. филос. *Үндістанның рухани «атасы» Мохандас Карамчанд («Махатма») Гандидің ілімін ұстанушылардың дүниетанымдық, саяси-мәдени жүйесі.*

**ГАНИСТЕР** зат. геол. *Коксты немесе металлургиялық пештердің ішкі өңірін қаптауға керекті отқа өте төзімді кірпіштер жасауға қолданылатын тақтатастар.*

**ГАНОИДТЫ: ганоидты қабыршақ.** биол. *Ежелгі сүйекті балықтардың қабыршағын қаптайтын кіреуке тәрізді зат.*

**ГАНТЕЛЬ** [нем. Hantel] зат. спорт. *Шойын я темірден құйылған, екі жағы шоқпар бас, аралығы қолдың шеңгел көлеміне орай жалғасқан ауыр атлетикалық құрал.*

**ГАОЛЯН** [қыт. kaoliang] зат. өс. *Құмай текті асылтұқымдастарға жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ГАП** [ағыл. gap] зат. экон. *Биржа тауары бағасының күрт төмендеуі.*

**ГАПАКС** зат. лингв. *Ескі славян жазба ескерткіштерінде сөздің бір-ақ рет қолданылуы.*

**ГАПЛОБАКТЕРИЯЛАР** [грек. haplis – қарапайым, bacteria – таяқша] зат. биол. *Кәдімгі бактериялардың біріккен тобы.*

**ГАПЛОИД** [грек. haploos – жалғыз, eidos – түр] зат. биол. *Ағза жасушасындағы хромосомалар санының алғашқы формаларға қарағанда екі есе кем болуы.*

**ГАПЛОИДТІ** сын. биол. *Гаплоид кезеңіндегі.*

**ГАПЛОИДТЫҚ** сын. *Гаплоид кезеңіне тән, қатысты.*

**ГАПЛОЛОГИЯ** [грек. haploos – жалғыз, қарапайым, logos – ілім] зат. лингв. *Дыбыстардың комбинаторлық өзгерісі, диссимиляция әсерінен өзара бірдей немесе ұқсас көрші буындардың бірінің түсіп қалуы.*

**ГАПЛОНТ** зат. биол. *Өсімдіктің жыныс жасушасының гаплоидтық фазадан кейінгі ұрпағы.*

**ГАПЛОСЕМИЯ** зат. лингв. *«Қарапайым» мағыналыққа тән мазмұн өресінің ең кіші, шектік бірлігі.*

**ГАПЛОСПАРИДИЙ** зат. балықшар. *Қарапайым жәндіктер типінің споровиктер класына жататын бір отряды.*

**ГАПТОТРОПИЗМ** зат. бот. *Кейбір өсімдіктердің қатты заттарға тақалғанда иіліп реакция беруі.*

**ГАРАЖ** [франц. garage] зат. *Мәшине, мотоцикл, автомобиль тұратын, арнайы жабдықталған орын.*

**ГАРАНТ** [франц. garantir] зат. қаржы. *Қарыз алған адам өз міндеттерін орындамаған жағдайда несие берушілер алдында жауап беретін физикалық немесе заңды тұлға.*

**ГАРДЕМАРИН** [франц. garde-marine] зат. тар. *1917 жылға дейінгі Ресейдегі теңіз кадет корпусының жоғарғы сыныптарының тәрбиеленушісінің атауы.*

**ГАРДЕРОБ** [франц. garderobe] зат. **1.** *Киім ілуге, сақтауға арнайы жасалған шкаф; үй жиһазы.* **2.** *Мекеме, театр я жұмыс орындарына келушілердің сырт киімдерін ілуге арналған орын, бөлме.* **3.** *Жеке адамның барша киімі.*

**ГАРДЕРОБШЫ** зат. *Гардероб қызметкері.*

**ГАРДИНА** [нем. Gardine] зат. *Терезе мен есіктің өн бойын түгел қамтитын маңдайшалы перде.*

**ГАРЕМ** [ар. حرم] зат. *Кейбір шығыс елдерінде бай-бектердің әйелдері үшін арнайы салған бөлек үй; үйдің әйелдер тұратын жағы, бөлмесі.*

**ГАРИБАЛДИ** зат. балықшар. *Алабұға тәрізділер тармағына жататын балық.*

**ГАРМОН** зат. сөйл. ***Гармонь.***

**ГАРМОНИЗАЦИЯ** зат. муз. ***Үндестіру*** *(дауыс үйлесімінің ережесіне сәйкес музыкалық шығарманы аккордқа қою).*

**ГАРМОНИКАЛАР** [грек. harmonikos] зат. **1.** физ. мат. *Гармоникалық тербелістер (обертондар).* **2.** *Дыбыс шығарушы денелердің тербелісінен пайда болатын әуендік реңктер.* **3.** муз. *Кейбір ұрмелі, жиырмалы әрі клавиатурасында түймелері бар аккордеон, гармонь, баян, т.б.) аспаптардың ортақ аты, гармонь.*

**ГАРМОНИСТ** ор. зат. сөйл. ***Гармоншы.***

**ГАРМОНИЯ** [грек. harmonia] зат. **1.** филос. *Белгілі бір тұтастықтың бөліктері мен элементтерінің бірегейлі, бірге әрекет етуі, өзара үндестігі.* **2.** *Үйлесімді көрініс, жарасымдылық, жағымды үндестік.* **3.** муз. *Дыбыстардың сазды үндерінің заңдылықпен біріктірілуі және бұлардың ауысуында болатын байланыстарды белгілеу, яғни үйлестіру, әуездеу құралы.* **4.** лингв. *Сингармонизм, дауысты дыбыстар үндестігі.* **5.** эстет. *Көркемөнер туындыларының барлық құраушыларының өзара үйлесімді байланысуын, үндесе жарасуын білдіретін эстетикалық категория.*

**ГАРМОНИЯЛЫ** сын. *Өзара үйлесімді, сәйкес.*

**ГАРМОНИЯЛЫҚ** сын. *Гармонияға тән сапа.*

**Гармониялық қатар.** мат. *Математикада 1+1/2+1/3+1/4+1/n+... –түріндегі сан қатары.* **Гармониялық орта.** мат. *Гармониялық қатардың екінші мүшесінен бастап әрбір мүшесінің қоршауының ортасы.* **Гармониялық пропорция.** мат. *Орта мүшелері бір-біріне тең, ал соңғы мүшесі бірінші және орта мүшелерінің айырмасы болып келетін пропорция.* **Гармониялық талдау.** мат. *Математиканың Фурье қатары мен Фурье интегралы теориясының әдістерін біріктіретін тарауы.* **Гармониялық тербеліс.** физ. *Физикалық шаманың уақыттың өтуіне байланысты, синусоидалық заңмен өзгеретін тербелісі.*

**ГАРМОНШЫ** зат. *Гармонь ойнай білетін адам.*

**ГАРМОНЬ** [грек. harmonikos] зат. муз. *Пернетақталы, ашылмалы, жиырмалы, ұрмелі музыкалық аспап; сырнай.*

**Гармонь тартты.** *Гармоньда ойнады.*

**ГАРМОНЬДА=** ет. сөйл. *Гармонь тарту.*

**ГАРМОНЬДАТ=** ет. сөйл. *Гармонь тартып ойнап, көңіл көтеру.*

**ГАРНИЕРИТ** [франц. garnierite] зат. геол. *Нумент, силикаттар тобының минералы.*

**ГАРНИЗОН** [франц. garnison] зат. әск. **1.** *Елдімекенде немесе оның аймағында тұрақты, болмаса уақытша орналасқан әскери бөлімдер, әскери оқу орындары және мекемелер.* **2.** *Бекіністе, бекіністі аудандарда немесе жеке қорғаныс құрылысында (мыс., қала гарнизоны, бекініс гарнизоны, форт (қамал), т.б.) орналасқан әскери бөлімдер мен бөлімшелер.*

**Гарнизон қызметі.** әск. *Гарнизонда орналасқан әскерлерге, әскери оқу орындары мен мекемелерге гарнизонда ұйымдастырылатын жалпы маңызы бар шаралар.*

**ГАРНИЗОНДЫҚ** сын. *Гарнизонға тән.*

**Гарнизондық қарауылдар.** әск. *Жалпы гарнизондық мәндегі нысандарды, гарнизонның құрамалары мен бірнеше бөлімдерінің іргелес орналасқан объектілерін қорғау және күзету, сондай-ақ гарнизондық гауптвахтада жатқан адамдарды күзету үшін жасақталған қарауыл.* **Гарнизондық патруль.** әск. *Көшелердегі және қоғамдық орындардағы, сондай-ақ гарнизонға іргелес елді мекендердегі әскери қызметшілер арасында реттілік пен жоғары әскери тәртіпті сақтау үшін әрбір гарнизонда тағайындалатын наряд орындаушылар.*

**ГАРНИР** [франц. garnir] зат. *Ет я балықтан жасалған тағамға қосымша берілетін үстеме дәм.*

**ГАРНИТУР** [франц. garniture] зат. *Бірбіріне сай үйлес, тектес жасалған заттар, белгілі бір мақсатта пайдаланатын бөлмені жабдықтауға арналған жиһаз.*

**ГАРПИЯ** [грек. harpyia] зат. зоол. *Жарғанаттың бір түрі.*

**ГАРПУН** [гол. harpoen] зат. кәс. *Теңіздегі ірі балықтарды, аңдарды аулау үшін ұшы істік темірден жасалған, найза іспеттес, баулы лақтырма (атпа) құрал.*

**ГАРРА** зат. балықшар. *Құмайт, тасты өзендерде кездесетін, қанаттары желпуіш тәрізді, кәсіптік маңызы шамалы тұқы тұқымдасының бір туысы.*

**ГАРРИОТА** зат. балықшар. *Мұхиттардың терең жерлерінде тіршілік ететін химера тәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**ГАРСОН** [франц. garcon] зат. *Францияда, Италияда мейрамхана не кафе даяшысы, қонақ үйдегі қолбала.*

**ГАРТ** [нем. Hartblei] зат. кен. *Қорғасынның сүрме және қалайы қосылған қорытпасы.*

**ГАРТЛИНГ** [нем. Hartling] зат. кен. *Қалайы мен темір қоспаларының қорытпасы.*

**ГАРТНЕР: гартнер каналы.** зат. мед. *Аналық безінің қосалқысының ұзынша түтігі.*

**ГАРУА** [исп. garua] зат. геогр. *Эквадор, Перу және Чилидің Тынық мұхиттың шөл жағалауларында байқалатын тығыз сұр тұман.*

**ГАРУС** зат. тоқыма. *Таза жүннен иірілген жіп.*

**ГАРЦБУРГИТ** зат. геол. *Ультранегізді интрузиялық таужыныс перидоттың оливин мен ромбылық пироксеннен (энстатиттен не бронзиттен) тұратын түрі.*

**ГАРШНЕП** [нем. Haarschnepfe] зат. зоол. *Балықшылар тобына, таукүдіреттер тұқымдасына жататын ұсақ құстардың бір түрі.*

**ГАРШОК** ор. зат. сөйл. *Түбек (кішкентай балаларға арналған дәрет сындыртатын ыдыс).*

**ГАСТАРБАЙТЕР** [нем. Gastarbeiter] зат. жаңа. *Өзге, көрші мемлекеттерден жұмыс іздеп келген арзан жұмысшы қолы, жалданушы, маусымдық жұмыскер, шаруа.*

**ГАСТРАЛОГИЯ** зат. мед. *Кіндіктен жоғары ауырсындыруы, ауруы.*

**ГАСТРИН** зат. мед. *Асқазан безінен шығатын биологиялық белсенді полипептид.*

**ГАСТРИТ** [грек. gaster] зат. мед. *Асқазан кілегей қабығының талаурауы, қабынуы.*

**ГАСТРО...**[грек. gaster] *Асқазанға, ас қорыту жүйесі атауына қатысты күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГАСТРОЛЕР** [нем. Gastrolle] зат. **1.** теат. *Уақытша ойын көрсетуге келген артист.* **2.** ауыс. сөйл. *Бір істі уақытша, кездейсоқ істейтін адам.* **3.** қарап. *Басқа қалаға ұрлық жасауға келген кәсіби ұры.*

**ГАСТРОЛИТТЕР** зат. геол. *Хайуандар асқазанынан табылатын, олардың ас сіңіру органдарында болуына байланысты жұмырлана тегістелген тастар немесе минерал түйіршектері.*

**ГАСТРОЛЬ** [нем. Gastrolle] зат. өнер. *Артистер тобының я жеке өнер қайраткерінің сырт жерде көрсететін өнері, ойын-сауығы.*

**ГАСТРОЛЬДЫҚ** сын. *Гастрольмен байланысты.*

**ГАСТРОНОМ** [франц. gostronome] зат. **1.** *Дәмді тағамды жақсы білетін, тәуір көретін дәмшіл адам.* **2.** *Түрлі тәтті тағам, азық-түлік, ішімдік, т.б. сатылатын сауда орны, дүкен.*

**ГАСТРОНОМИЯ** [франц. gastronomie] зат. тамақ. **1.** *Азық-түлік, тамақ.* **2.** *Аспаздық өнерін білу.*

**ГАСТРОПРОЗ** мед. *Асқазанның түсіп кетуі (әдетте, құрсақ қуысының түсуімен сипатталады).*

**ГАСТРОСКОП** зат. мед. *Ауыз бен өңеш арқылы асқазанға енгізіліп, жарық беретін жүйесі бар оптикалық түтігі арқылы асқазан ауруларын анықтайтын медициналық аспап.*

**ГАСТРОСКОПИЯ** [грек, gaster – асқазан, skopeo – қараймын] зат. мед. *Ауыз қуысы және өңеш арқылы асқазанға енгізілген гастроскоп аспабымен асқазан қуысының ішкі беткейлерін зерттеу әдісі.*

**ГАСТРОСОФИЯ** зат. *Тамақ пен сусындарды денсаулыққа зиян келтірмей, дұрыс тұтыну ережелерінің жиынтығы.*

**ГАСТРОЦЕЛЬ** [грек. gaster – асқазан, koilos – қуыс] зат. биол. *Көп жасушалы жануарлар ұрығы дамуының гаструла сатысындағы ұрықтың ішкі қуысы.*

**ГАСТРОЭНТЕРИТ** [грек. gaster – асқазан, enteron – ішек] зат. мед. **1.** *Ішек-қарынның ішкі, ұлпа және ет қабықтарының қабынуы.* **2.** *Қарын мен ащы ішектің қабынуы.*

**ГАСТРОЭНТЕРОКОЛИТ** зат. мед. *Қарын, ащы ішек пен тоқ ішектің бірден қабынуы.*

**ГАСТРОЭНТЕРОЛОГИЯ** [грек. gaster (gastros) – асқазан, қарын, enteron – ішек, logos – ілім] зат. мед. *Адамның асқорыту жүйесінің құрылысы мен қызметі, аурулары (көбінесе, жақпайтын), олардың себептері, патогенезі (дамуы), белгілері, оларды анықтау, емдеу және олардан сақтану туралы ғылым; медицинаның бір саласы.*

**ГАСТРУЛА** [грек. gastrula] зат. биол. *Көпжасушалы ұрықтың өсіп-жетілуінің кезеңі.*

**ГАСТРУЛАЛАНУ** зат. биол. *Көп жасушалы ағзадағы қосқабатты ұрықтың (эктодерма, энтодерма) түзілу үдерісі.*

**ГАСТРУЛЯЦИЯ** зат. биол. ***Гаструлалану*** *(көп жасушалы жануарлардың аталық және аналық жыныс клеткалары ұрықтануы: олардың алғашқы дамыған кезде денесінде екі қабатты және кейбіреулерінде үш қабатты ұрықтың пайда болу үдерісі).*

**ГАСТРУЛЯЦИЯЛАНУ** зат. ***Гаструлалану.***

**ГАСТРЭКТАЗИЯ** зат. мед. *Асқазан қабырғасының созылуы.*

**ГАТТЕРИЯ** [лат. sphenodon punctatus] зат. зоол. *Бауырымен жорғалаушылар тобының тұмсықбастылар отрядына жататын, өте ертеден тіршілік етіп келе жатқан жалғыз түр.*

**ГАУБИЦА** [нем. Haubitze] зат. әск. *Қарсыластың тасадағы нысанасын жоятын және қорғаныс бекіністерін, баспанасын, бақылау пункттерін, блиндаждарын бұзатын артиллериялық қарудың бір түрі.*

**ГАУПВАХТА** [нем. Hauptwache] зат. әск. *Әскери қызметкерлерді қамауда ұстайтын арнайы орын.*

**ГАУР** [лат. bibos gaurus] зоол. *Үндістан, Мьянама, және Малакки таулы ормандарында мекендейтін бұқа тұқымдас ірі жануардың бір түрі.*

**ГАУСАР** зат. сөйл. ***Кәусар.***

**ГАУСАРЛЫ** сын. сөйл. ***Кәусарлы.***

**ГАУСС** зат. физ. *Магнит индукциясының бірліктердің халықаралық жүйесі мен бірліктердің СГСМ жүйесіндегі бірлігі.*

**ГАУҺАР** [ар. گوهر] зат. **1.** *Сирек кездесетін, аса бағалы, алуан түсті, қымбат асыл тас, бриллиант.* **2.** ауыс. *Ең қымбат, асыл, қадірлі адам, тұлға.* **3.** ауыс. *Ең мықты, бағалы мәртебесі биік, асыл зат, дүние, көңіл.* **4.** зерг. *Гауһар тастарынан жасалған немесе сонымен безендірілген (бұйым, зат).*

**Гауһар жұлдыз.** поэт. *Жылтылдаған жарық жұлдыз.* **Гауһар жүз.** поэт. *Сұлу, ең көрікті жүз.* **Гауһар жүзік.** зерг. *Көзіне гауһар (асыл тас) орнатылған жүзік.* **Гауһар көз.** поэт. *Жәудіреген көз.* **Гауһар қабақ.** поэт. ***Гауһар көз.*** **Гауһар нұр.** поэт. *Жарқын жүз, жарқын мінез.* **Гауһар ой.** поэт. *Құнды, тереңнен шыққан асыл ой.* **Гауһар сөз.** поэт. *Асыл сөз.* **Гауһар су.** поэт. *Таза, мөлдір су.* **Гауһар тас.** а) зерг. *Гауһар, бағалы, әшекей тас.* ә) поэт. *Артық туған, қымбатты адам.* б) бейн. *Қымбат сезім, көңіл, асыл дүние.* **Гауһар тастай.** бейн. *Жалтыр, асыл заттай, түрлі-түсті тастай.* **Гауһар терді.** поэт. *Ең қымбат, керегіне жарайтын асыл дүниелерді жинады, ілім қуды, білім алды.*

**ГАУҺАРДАЙ** сын. бейн. **1.** *Аса қымбатты, бағалы, қадірлі (зат, дүние, адам.* **2.** *Терең мазмұнды, мағыналы (сөз, ой).* **3.** поэт. *Жанып тұрғандай, тап-таза, мөлдір, жарқыраған.*

**ГАУҺАРЛА=** ет. *Гауһармен әшекейлеу.*

**ГАУҺАРЛЫ** сын. **1.** *Гауһары бар, гауһар орнатқан.* **2.** ауыс. *Жайнаған, жарқыраған, құлпырған.*

**ГАУҺАРПҰРЫШ** [ир گوهرفروش] зат. көне. *Гауһар т.б. асыл тасты сатып алатын зергер.*

**ГАФАЛГЕЗИЯ** мед. *Теріге зиянсыз тітіркендіргіштер тиген кезде ауырсынуды сезу.*

**ГАФНИЙ** [лат. Hafnium] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент.*

**ГАЧЕТИТ** зат. геол. *Құрамында шайырлар аз таушайырлардың таза парафинді түрлерінің жіктеме атауы.*

**ГАШЕТКА** [франц. gachette] зат. әск. *Оқ атуға арналған автоматты қару-жарақты іске қосатын құрылғы, шүріппе.*

**ГАШИШ** [ар. حشيش] зат. *Галлюциногендер тобына жататын елірткіш зат, үнді қарасорасының (конопля) аналық өсімдігінің сабағынан шығатын смола тәрізді зат.*

**ГАШИШИЗМ** зат. мед. *Гашиш қабылдауға қатты құмарлану түріндегі нашақорлықтың бір түрі.*

**ГӘЗМАЛ** зат. жерг. *Кездеме, мата.*

**ГӘККУ** елік. **1.** *Аққудың шығаратын дыбысын бейнелейтін сөз.* **2.** муз. этн. *Қазақтың киелі құсы, махаббат символы саналатын, әндерінде қайырулар ретінде жиі қолданылатын аққу үнінің еліктеуіш сөзі.* **3.** ауыс. поэт. *Ердің мақтанышы, сәні мен әні.* **4.** поэт. *Теңеу, еркелету мәнінде қолданылатын махаббат, сүйіктісі деген мағынадағы сөз.*

**ГӘККУЛЕ=** ет. *Аққудың сымпылдап үн шығаруы.*

**ГӘККУЛЕУ** *Гәккуле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аққудың үн шығаруы, сымпалдауы.* **2.** ауыс. *Сауық-сайран құру, әндету, көңіл көтеру.*

**ГӘЛӘБИЯ** [ар. جلابية] зат. көне. *Киім түрі.*

**ГӘҢГІР=** ет. сөйл. ***Мәңгір.***

**ГӘП** зат. **1.** *Бір нәрсенің сыры, мәні.* **2.** *Бір нәрсенің, іс-әрекеттің себеп-салдары, қандай да бір жағдай, жай.* **3.** *Айтар сөз, әңгіме.*

**Гәп бар.** а) *Бір істің, әрекеттің өзінің себебі, мәнісі бар.* ә) *Айтайын деген сөз, әңгіме, сыр бар.* **Гәп ...- да жатыр.** сөйл. *Бір нәрсенің мәнісі, себебі осында дегенді білдіретін сөз қолданыс.* **Гәп шертті.** *Сыр шертті, сырласты, мұңдасты.*

**ГӘПТЕ=** ет. сөйл. *Негіздеу, мәнісін көрсету.*

**ГӘРДЕН** зат. *Кәрлен (фарфор).*
**ГӘРІ** шыл. *Бұдан кейін, осыдан соң деген мағынаны білдіретін көмекші сөз.*
**ГӘРІС** зат. сөйл. ***Гарус.***
**ГӘУ: гәу бас.** сөйл. мысқыл. *Ессіз, ойсыз деген мағынада.*
**ГӘУРӘТ** зат. ескікіт. *Нұр, сипат.*
**ГӘУСЕР** зат. сөйл. ***Кәусар.***
**ГӘУҺАР** зат. ескікіт. ***Гауһар.***
**ГӘУҺАРДАЙ** сын. сөйл. ***Гауһардай.***
**ГӘУІР** зат. ескікіт. ***Кәпір.*** **2.** ауыс. экспр. жағымсыз. *Ұятсыз адамға немесе бір жаман қылық істеген адамға ашуланғанда, кейігенде айтылатын ұрсу сөз.*
**ГВАРДЕЕЦ** зат. *Гвардия құрамындағы жауынгер.*
**ГВАРДИЯ** [итал. guardia] зат. **1.** әск. *Әскердің іріктелген, таңдаулы бөлімі (алғашқыда императорды қорғау үшін).* **2.** ауыс. *Бір ұжымның іріктелген тобы, бөлігі.*
**Гвардия сержанты.** әск. *Ерлігімен көзге түскен, таңдаулы армияның сержанты.*
**ГВАРДИЯЛЫҚ** сын. *Гвардия даңқына сай, лайық.*
**ГВАРДИЯШЫ** зат. *Гвардия құрамындағы жауынгер.*
**ГВАРДИЯШЫЛ** сын. сөйл. *Гвардияға кіретін, соған қатысты.*
**ГВАТЕМАЛА** зат. *Гватемаланың тұрғылықты халқы.*
**ГВОЗДИКА** ор. зат. өс. ***Қалампыр.***
**ГЕБЕФРЕНИЯ** [грек. hebe – бозбалалық шақ, phren – жүрек, ақыл-ес] зат. мед. *Негізінен бозбалаларда кездесетін шизофренияның бастапқы түрі.*
**ГЕБЕФРЕНЦИЯ** [грек. hebe – жас кез, phren – жүрек, жан, ақыл, пайым] мед. *Шизофренияның мағынасыз қалжыңдасудан, ақымақ сияқты көңіл көтеруден, қисаландаудан байқалатын бастапқы белгілері.*
**ГЕБОТОМИЯ** зат. мед. *Жамбас қуысын кеңейту үшін жасалатын операция.*
**ГЕБРАИТАНУ** [грек. hebraios] зат. терм. *Көне еврей тілін, жазба ескерткіштерін және еврей мәдениетін зерттейтін гуманитарлық ғылымдар кешені.*
**ГЕВЕЯ** [лат. hevea] зат. өс. *Сүттігендер тұқымдасына жататын каучукты ағаштардың бір туысы.*
**ГЕГЕМОНИЗМ** зат. саяси. *Бір мемлекеттің не мемлекеттер одағының саяси жүйеде, дінде бүкіл әлемге немесе белгілі бір өңірге үстемдік жүргізу идеологиясы және саясаты.*
**ГЕГЕМОНИЯ** [грек. hegemonia] зат. саяси. *Біреудің, біреулердің үстінен жетекшілік, басшылық, үстемдік, өктемдік жүргізуші бір нәрсенің негізгі қозғаушы күші.*
**ГЕДЕНБЕРГИТ** зат. геол. *Силикаттар тобының пироксендер тобына жататын минерал.*
**ГЕДОНИЗМ** [грек. hedone] зат. **1.** псих. *Өмірдің басты мақсаты ретінде рақат пен ләззатты танушылық, рақат, ләззат алуға ұмтылушылық.* **2.** филос. *Эвдемонизмнің бір тармағына жататын Кирен философиялық мектебі (б.з.д. IV) мен Эпикурдың (б.з.д. 341-270) дамытқан ләззат алуды тіршіліктің бастауы деп санайтын этикалық ілім.*
**ГЕДОНИСТІК** сын. псих. *Гедонизмге тән.*
**ГЕЗЕНК** [нем. Gesenk] зат. геол. *Тікелей жер бетіне шықпайтын тік не еңіс қазба.*
**ГЕЙ** [ағыл. gay] зат. *Гомосексуалдық қатынастағы ер адамдардың атауы.*
**ГЕЙДЕЛЬБЕРГ: гейдельберг адамы.** <лат. homo heidelbergensis> археол. *Төменгі жақ сүйегі Гейдельберг (Германия) қаласының маңындағы қазбадан табылған адам сүйектері.*
**ГЕЙЗЕР** [исланд. geysir] зат. геол. *Жанартаулы аймақтарда жер астынан ауық-ауық ыстық су мен буды 20-40 м биіктікке атқылайтын су көзі.*
**ГЕЙЗЕРИТ** [исп. geysir] зат. геол. *Опал минералынан тұратын кремнийлі шөгінді жыныс.*
**ГЕЙЗЕРЛІ** сын. геол. *Гейзері бар, гейзер орналасқан.*
**ГЕЙЗЕРЛІК: гейзерлік булар.** геол. *Биосфераның, стратосфераның, метаморфтық және магмалық геосфераның тұщы, ащы және тұзды булары.*
**ГЕЙМ** [ағыл. game] зат. спорт. *Бірнеше ұпай санына қарай белгіленетін кейбір ойындар партиясының бөлігі.*
**...ГЕЙТ** *Жоғарғы мемлекеттік қызметкерлердің жемқорлығына қатысты саяси жанжалдарды білдіретін күрделі сөздердің кейінгі сыңары.*
**ГЕЙТОНОГАМИЯ** [грек. geiton – көрші, gamos – неке] зат. бот. *Бір өсімдік түрі арасындағы тозаңдану процесі (бір өсімдіктің тозаңының екінші өсімдіктің аналық аузына түсуі).*
**ГЕЙША** зат. тар. *Жапонияда салтанатты қабылдаулар мен банкеттерде қонақтардың көңілін көтеру үшін шақырылатын, әдеппен әңгіме жүргізуге арнайы үйретілген кәсіпқой әнші әрі биші әйел.*
**ГЕКСА...** [грек. hex] *«Алты» сөзіне сәйкес күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*
**ГЕКСАБЕНЗАТ** зат. мед. *Тыныс демікпесі мен гипертония ауруларын емдейтін дәрілік зат.*
**ГЕКСАГОНДЫҚ** сын. *Гексагонға қатысты, гексагонға тән.*
**Гексагондық призма.** геол. *Гексагондық сингонияның симметрия осіне параллель алты бірдей жақтан тұратын қарапайым пішін.* **Гексагондық сингония.** геол. *Орта санат сингониясы.*
**ГЕКСАДАКТИЛИЯ** зат. мед. *Алты саусақтылық немесе алты бақайлылық.*
**ГЕКСАМЕТОН** зат. мед. ***Гексабензат.***
**ГЕКСАОКТАЭДР** зат. геом. *Текше сингонияның 48 жақтан тұратын қарапайым түрлерінің бірі.*
**ГЕКСАТЕТРОЭДР** зат. геом. *Текше тетраэдрдің әрбір жағы есебінен 6 жақ пайда болуы нәтижесінде кескінделетін 24 жақты текше сингония.*
**ГЕКСАХЛОРАН** зат. хим. *Жұқпалы ауру тарататын зиянды жәндіктерден сақтану үшін пайдаланатын ақ ұнтақ дәрілік зат.*
**ГЕКСАЭДР** [грек. hexaedron] зат. геом. *Текше сингонияның алты жақты ең қарапайым түрі.*
**ГЕКСЕНАЛ** зат. мед. *Адамды ұйықтату үшін қолданылатын дәрі.*
**ГЕКСОД** зат. физ. *Алты электродтан: катод, анод және төрт тордан тұратын электрондық шам.*
**ГЕКСОЗ** [грек. hex] зат. биол. *Жүзім қанты; глюкоза.*
**ГЕКСОЗАЛАР** [грек. hex] зат. биол. *Молекуласы көміртектің алты атомынан тұратын моносахаридтер.*
**ГЕКСОГЕН** зат. әск. *Пластикалық жарғыш заттарды жасау және капсюль-тұтандырғышты жабдықтау үшін қолданылатын жоғары қуатты бытыратқыш (жарықшақты), жарғыш.*
**ГЕКТАР** [франц. hectare] зат. *Ауданның ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында бірліктердің халықаралық жүйесінің (СИ) өлшем бірліктерімен қатар қолданылатын жүйеден тыс өлшем бірлігі, белгіленуі: га, 1 га = 100 ар = 1000 м².*
**Гектар басы.** *Әр гектардан, бір гектар сайын.*
**ГЕКТАРДАЙ** сын. *Гектарға жуық, сол шамада.*
**ГЕКТАРЛА=** ет. *Гектарға бөліп өлшеу.*
**ГЕКТАРЛАУ=** ет. *Гектарла етістігінің қимыл атауы.*
**ГЕКТАРЛЫ** сын. *Гектарға тең.*
**ГЕКТАРЛЫҚ** сын. *Гектарға барабар, гектар болатындай.*
**ГЕКТАРШЫ** зат. сөйл. *Гектар жерді игеріп, күтіп-баптаушы.*
**ГЕКТО...** [грек. hekaton] тех. *1 бірлігі 100 ретке тең физикалық шама атауларына қатысты күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*
**ГЕКТОВАТТ** зат. тех. *Күші жүзге тең ватт.*
**ГЕКТОВАТТ-САҒАТ.** зат. тех. *Электр энергиясының бір сағаттағы шығын айналым өлшемі.*
**ГЕКТОГРАФ** зат. полигр. *Бір беттегі мәтіннің бірден жүз данасын көшіріп бере алатын аспап.*
**ГЕКТОГРАФИЯ** зат. тех. *Гектографпен көшіріліп көбейтілген басылым.*
**ГЕКТОЛИТР** зат. тех. *Сұйық я күлдей ұсақ заттың жүз литрлік өлшемі.*
**ГЕКТОМЕТР** зат. тех. *Ұзындық өлшемінің 100 метрге теңдігі.*
**ГЕКТІРЛЕ=** ет. сөйл. ***Гектарла.***
**ГЕЛАТИН** зат. мед. *Бауырдан жасалатын без дәрісі.*
**ГЕЛЕ** од. *Інгенді бураға шөгеру белгісі; шақыру, шөгеру одағайы; бураға үйірлеу.*
**ГЕЛИАШЕР** зат. экон. *Қағаз ақшаға сурет салуға маманданған суретші.*
**ГЕЛИЙ** [грек. helios] зат. хим. *Ешбір иісі жоқ, сутегіден кейінгі ең жеңіл инерттік газ, (Не) химиялық элемент; әуеде ұшуға қолданылатын ең жеңіл газ.*
**ГЕЛИЙ-АРГОНДЫҚ: гелий-аргондық қатынас.** геол. *Гелий (Не) концентрациясының аргон (Аг) концентрациясына қатынасы.*
**ГЕЛИКОН** [грек. helix (helikos)] зат. муз. *Ең жуан дауысты үрмелі аспап.*
**ГЕЛИЙЛІ: гелийлі газдар.** геол. *Құрамындағы гелий мөлшері жоғары көрсеткіштермен сипатталатын газдар.*
**ГЕЛИЙЛІК: гелийлік түсіру.** геол. *Гелий мен радиоактивті рудаларды іздеу мен болжаудың геохимиялық әдісі.*
**ГЕЛИО...** *Күрделі сөздердің бірінші бөлігі.* **1.** *Күнге қатыстылықты, күнді зерттеуге қатыстылықты білдіреді.* **2.** *Күн қуатымен қозғалысқа келетін нәрсені білдіреді.*
**ГЕЛИОБИОЛОГИЯ** [грек. helios – күн, bios – өмір, logos – ілім] зат. биол. *Күн белсенділігі өзгерілуінің организмдерге тигізетін әсерін зерттейтін биофизика ғылымының бір саласы.*
**ГЕЛИОГРАФ** зат. астр. *Күн планетасын суретке түсіретін астрономиялық телескоп.*
**ГЕЛИОГЕОФИЗИКА** зат. астр. *Күн мен Жер физикасын зерттейтін ғылым.*
**ГЕЛИОЗ** зат. мед. *Күн өту.*
**ГЕЛИОКОНЦЕНТРАТОР** зат. тех. *Қыздырылатын дененің шағын учаскесінде Күн сәулесі энергиясын шоғырландыруға арналған құрылғы.*
**ГЕЛИОҚОНДЫРҒЫ** зат. тех. *Күн радиациясының энергиясын пайдалануға қолайлы энергияға түрлендіретін қондырғы құрал.*
**ГЕЛИОМЕТР** зат. тех. *Аспан сферасындағы шағын бұрыштарды өлшеуге арналған астрономиялық аспап.*

**ГЕЛИОПАТИЯ** зат. мед. *Күн сәулесіне байланысты аурулардың жалпы атауы.*

**ГЕЛИОТЕРАПИЯ** [грек. helios – күн, therapeia – емдеу] зат. мед. *Күн сәулесін, оның энергиясын ауруды емдеу, одан сақтану мақсатында пайдалану.*

**ГЕЛИОТЕХНИКА** зат. тех. *Күн радиациясының энергиясын іс жүзінде пайдалануға ыңғайлы қажет энергияның басқа түрлеріне түрлендіруді зерттейтін саласы.*

**ГЕЛИОТРОП** [грек. heliotropion] зат. **1.** өс. *Күн нұрына бағыттала айналып өсетін гүл.* **2.** геол. *Минералдың бір түрі.* **3.** тех. *Бір жерден екінші жерге күн шұғыласын түсіру арқылы сигнал беретін геодезия аспабы.*

**ГЕЛИОТРОПИЗМ** [грек. helios – күн сәулесі, tropos – бұзылу, қайырылу] зат. физиол. *Ағзаның сәулелерге жауап беруі яғни күн сәулесін ұнатуы немесе одан қашуы.*

**ГЕЛИОФИЗИКА** зат. астр. *Астрофизиканың Күн физикасына байланысты мәселелерін зерттейтін саласы.*

**ГЕЛИОФИЛЬДЕР** зат. *Организмдердің жарыққа байланысты тіршілік етуі.*

**ГЕЛИОФИТТЕР** бот. *Өсуі үшін тура түскен күн сәулесін қажет ететін жарық сүйгіш өсімдіктер.*

**ГЕЛИОЦЕНТРЛІК** сын. астр. *Күнді басқа планеталардың кіндігі, орталығы деп танушылық.*

**ГЕЛИОЭНЕРГЕТИКА** зат. физ. *Күн сәулесін тікелей пайдалануына байланысты энергетиканы дамыту бағыты.*

**ГЕЛЬ** [лат. gelare] зат. **1.** *Қатты дененің кейбір қасиеттері тән (форма, қаттылық, серпінділік сақтау қасиеті) дисперстік жүйе.* **2.** *Желе тәріздес, шашты қалпында сақтау үшін, жылтырату үшін жағылатын зат; иісмай, денеге жағатын косметикалық зат.* **3.** геол. *Коагуляция нәтижесінде пайда болған шөгінді.*

**ГЕЛЬВИН** [лат. helvus] зат. геол. *Силикаттар тобының минералы, химиялық формуласы $Mn_4\ [BeSi_4\ O]_3S$.*

**ГЕЛЬМИНТ** [грек. helmins] зат. мед. *Адамның, жан-жануарлардың және өсімдіктердің әртүрлі ағзаларында тоғышарлық тіршілік етіп, гельминтоз ауруларын қоздыратын ішекқұрттар, құрттар.*

**ГЕЛЬМИНТОЗ** [грек. helmins (helmintos)] зат. мед. *Масыл құрттардың адамдар мен жануардың және өсімдіктердің ағзасына еніп көбеюі салдарынан пайда болатын ауру түрлері.*

**ГЕЛЬМИНТОЗООНОЗДАР** зат. малшар. *Табиғи жағдайда малдан адамға жұғатын ішқұрт аурулары.*

**ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯ** [грек. helmins – құрт, logos – ілім] зат. биол. *Паразит құрттар және олар тудыратын адам, жануар, өсімдік аурулары туралы ғылым; паразитология саласы.*

**ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Гельминтологияға тән, қатысты.*

**ГЕЛЬМИНТТЕР** [грек. helminthos] зат. зоол. *Адамның, жануарлардың, өсімдіктердің ауруларын қоздыратын құрттар.*

**ГЕМ** [грек. haima] зат. мед. *Гемоглобиннің белоксыз бөлігі; қан.*

**ГЕМАГГЛЮТИНАЦИЯ** зат. мед. *Сұйықтағы эритроциттердің, көптеген вирустардың, бактериялардың, токсиндердің әсерінен агглютинацияға (желімделуі) шөгіп, тұнбаға түсуі.*

**ГЕМАЛЛОЛОГИЯ** мед. *Егіздер жөніндегі ғылым.*

**ГЕМАНГИОМА** [грек. haima – қан, angesion– тамыр, oma – ісік атауларындағы жалғау] зат. мед. *Қан тамырларынан өсетін қатерсіз ісік.*

**ГЕМАНГИОСАРКОМА** зат. мед. *Қантамырдың қатерлі ісігі.*

**ГЕМАРТРОЗ** [грек. haima – қан, arthron – буын] зат. мед. *Сүйек, жілік ішіне қан ауруы кетуі.*

**ГЕМАТЕМЕЗИС** зат. мед. *Қан құсу.*

**ГЕМАТИН** [лат. haematinum] физиол. *Гемоглобин тотығуынан туатын өнім.*

**ГЕМАТИТ** [грек. haimatos] зат. хим. *Тотықтар класының минералы.*

**ГЕМАТО...** ***Гемо...*** *(Күрделі сөздердің құрамындағы «қан» деген мағынаны беретін қосымша).*

**ГЕМАТОГЕН** зат. мед. *Қант шырыны мен спирт қосылып, мал қанынан арнайы жасалатын, қоңырқай қызыл түсті, емдік препарат.*

**ГЕМАТОКИСТА** зат. мед. *Іші қанға толған киста.*

**ГЕМАТОКОЛЬПОС** зат. мед. *Қынапқа қан жиналу.*

**ГЕМАТОКРИТ** зат. физиол. *Қан плазмасы мен оның жасушалық элементтерінің арақатынасы және сол арақатынасты өлшейтін аспап.*

**ГЕМАТОКСИЛИН** зат. *Кампеш ағашынан алынатын өсімдік бояуы.*

**ГЕМАТОЛИЗ** зат. мед. *Эритроциттің бұзылып, гемоглобиннің сыртқа шығуы.*

**ГЕМАТОЛОГ** зат. мед. *Гематология маманы, дәрігер.*

**ГЕМАТОЛОГИЯ** [грек. haima – қан, logos – ілім] зат. мед. *Қан және қан түзілу жүйесі, құрылысы, қызметі, аурулары, оларды емдеу туралы, оны зерттеу әдістері туралы ғылым, медицина саласы.*

**ГЕМАТОМА** [грек. haima – қан, oma – ісіктердің атауының қосымшасы] зат. мед. *Қан тамырлары үзіліп, олардан шыққан қанның өзі жасаған қуысқа толып, айналасындағы тіндерді кернеп домбығуы, қанталауы; қанды ісік.*

**ГЕМАТОМЕТРА** зат. мед. *Жатыр қуысына қан жиналу.*

**ГЕМАТОМИЕЛИЯ** мед. *Жұлын ұлпасына қан құйылу құбылысы.*

**ГЕМАТОПИОМЕТРА** зат. мед. *Жатыр қуысына қан мен іріңнің жиналуы.*

**ГЕМАТОСАЛЬПИНКС** зат. мед. *Жатыр түтігінде қанның жиналуы.*

**ГЕМАТУРИЯ** [грек. haima – қан, uron – несеп] зат. мед. *Бүйрек пен қуық, несеп жолдары жүйесінің кейбір ауруларында байқалатын несепке қан араласып бөлінуі.*

**ГЕМЕЛЛОЛОГИЯ** [лат. gemellus – жұп, logos – ілім] зат. биол. *Егіздерді зерттеу; егіздер туралы деректерді тұқымқуалаушылық пен ортаның мінез-құлыққа әсерін бағалау үшін алғашқы мәліметтер көзі ретінде қолдану.*

**ГЕМЕРАЛОПИЯ** [грек. hemera – күн, alaos – соқыр, ops – көру] зат. мед. *Көмескі жарықта дұрыс көру, ал қалыпты немесе шақырайған жарықта нашар көру.*

**ГЕМЕРОФИЛ** зат. бот. **1.** *Адамның табиғатқа әсерінің нәтижесінде тіршілік ету аймағы кеңейтілген түр немесе қауымдастық [термин көбінесе өсімдіктерге қатысты қолданылады].* **2.** *Мәдени өсімдіктер қауымдастығының құрамында тіршілік етуге бейімделген түр (өсімдіктер, жануарлар, саңырауқұлақтар), мыс., гүлкекіре.* **3.** *Мәдени өсімдіктер қауымдастығын қолайлайтын (арамшөптер, кейбір омыртқасыз жануарлар) немесе адамның қоршаған ортаға әсерінің арқасында таралған аймағын кеңейтетін (мыс., қарағай, қайың) түр.*

**ГЕМИ** [грек. hemi] ...*Мағынасы бойынша «жартысы» дегенді беретін күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ГЕМИАНЕСТЕЗИЯ** зат. мед. *Жарты денеде сезімталдылықтың жоқ болуы.*

**ГЕМИАНОПИЯ** зат. мед. *Әр көздің көру аумағының жартысының ақауы.*

**ГЕМИАНОПСИЯ** зат. мед. *Миға қан құйылғанда, жарақат алғанда немесе ісік кезінде оң немесе сол көздің көрмей қалуы.*

**ГЕМИАНОСМИЯ** зат. мед. *Мұрынның жартысының иіс сезбей қалуы.*

**ГЕМИАРТРОЗ** зат. мед. *Сүйектердің шеміршек арқылы жалғануы.*

**ГЕМИАТРОФИЯ** зат. мед. *Дененің жартысы атрофияға ұшырауы.*

**ГЕМИАТРОФИЯ** зат. мед. *Адам денесі жартысының атрофияға шалдығуы.*

**ГЕМИГДРОЗ** зат. мед. *Дене жартысының қатты терлеуі.*

**ГЕМИГЛОССИТ** зат. мед. *Тілдің бір жақ жартысының қабынуы.*

**ГЕМИЗИГОТАЛЫҚ: гемизиготалық ген.** биол. *Генотипте тек бір ғана дана болып келетін ген.*

**ГЕМИЗИГОТАЛЫЛЫҚ** [грек. hemi – жартысы, zygote – қосарланған] зат. биол. *Белгілі бір гендердің тек бір ғана данасынан тұратын диплоидті ағза яғни белгілі бір хромосоманың немесе хромосома бөлігінің бір дана болып кездесу күйі.*

**ГЕМИКРАНИЯ** зат. мед. *Бас сақинасы, бастың бір жақ жартысының ауруы.*

**ГЕМИМЕЛИЯ** зат. мед. *Аяқтың немесе қолдың жоқтығы немесе олардың бөліктерінің жоқтығы.*

**ГЕМИНАНТТАР** зат. лингв. *Қос, созылыңқы қосарлы дауыссыздардың сөйлеу мүшелеріне ерекше күш түсіруі арқылы айтылуынан жасалған дыбыстар.*

**ГЕМИПАРЕЗ** зат. физиол. *Адамның бір жағының кейбір мүшелері қозғалысының әлсіреуі, жартылай паралич.*

**ГЕМИПЕЛАГИАЛ: Гемипелагиал алқап.** геол. *Мұхиттың орталық өңірлері мен мұхит қайраңы аралығын қамтитын алқап [континенттік (материктік) баурай мен мұхит төсенішінің шеткі өңірлерін беріктіреді].*

**ГЕМИПЛЕГИЯ** [грек. hemi – жартылай, plege – соққы] зат. мед. *Дене жарымының солуы, қимылсыз қалуы, салдануы.*

**ГЕМИСФЕРА** [грек. hemisphairion] зат. **1.** астрон. *Жер немесе аспанның жарты шары.* **2.** анатом. *Адамның бас миының немесе мишығының жартысы.*

**ГЕМИЦЕФАЛИЯ** зат. мед. *Мидың бір жарты шарының жетілмеуі.*

**ГЕМИЦЕЛЛЮЛОЗА** зат. биол. *Целлюлозамен қатар өсімдіктер жасуша қабықшасының құрамына кіретін полисахаридтер қоспасы.*

**ГЕММА**[1] [лат. gemma] зат. *Шығыңқы немесе ою-өрнектермен безендірілген тас.*

**ГЕММА**[2] зат. астр. *Солтүстік тәжде жалтырап көрінетін жұлдыз.*

**ГЕММОЛОГИЯ** [лат. gemma – асыл тас, грек. logos – ілім] зат. хим. *Құнды асыл және әшекей тастардың химиялық құрамы және физикалық қасиеттерін, әсемдік-көркемдік құндылығын, кен орындарының минерагениясын, сондай-ақ, өңдеу технологиясын зерттейтін ғылым саласы.*

**ГЕМО** [грек. haima] *Мағына жағынан «қан» сөзіне сәйкес күрделі сөздердің бірінші бөлігі, мыс: гемоглобин, гемолиз, гематология.*

**ГЕМОГЛОБИН** [грек. haima – қан, лат. globus түйіршік шар] зат. мед. *Адамның, омыртқалы және кейбір омыртқасыз жануарлардың қанында болатын күрделі белокты қосылыс.*

**ГЕМОГЛОБИНУРИЯ** зат. мед. *Зәрде еркін гемоглобиннің пайда болуы, гемолиздің белгісі.*

**ГЕМОГРАММА** зат. мед. *Қанның құрамын нақты схема бойынша тексеру, ондағы түрлі жасушалардың саны мен олардың ерекшеліктері жөніндегі жазу.*

**ГЕМОДИЛЮЦИЯ** зат. мед. *Қанда судың көбеюі.*

**ГЕМОДИНАМИКА** зат. мед. *Қан тамырларымен қанның айналуы, қанайналым.*

**ГЕМОДИНАМОМЕТР** зат. фарм. *Қан қысымын өлшейтін аспап.*

**ГЕМОДИОЛИЗ** зат. мед. *Бүйрек ауруына қатысты дәрі.*

**ГЕМОЛИЗ** [грек. haima – қан, lysis – бұзылу, бөлу] зат. мед. *Қанның қызыл түйіршіктерінің сыртқы қабығының жарылып, оның құрамындағы гемоглобиннің қан плазмасына қосылуы яғни эритроциттің жарылуы.*

**ГЕМОЛИЗИН** зат. мед. *Эритроцитті ыдырататын (ерітетін)заттек.*

**ГЕМОЛИМФА** [грек. haima – қан, лат. limpha – таза су, сұйық] зат. биол. *Буынаяқтылар ағзасында болатын сұйық зат.*

**ГЕМОМЕТР** зат. мед. *Қандағы гемоглобин мөлшерін өлшейтін құрал.*

**ГЕМОНХОЗ** зат. вет. *Ұлтабарда болатын ішқұрт.*

**ГЕМОПРОТЕИНДЕР** зат. биол. *Құрамында простетикалық тобы (гем) бар күрделі белоктар.*

**ГЕМОРРАГИЯ** [грек. haima – қан, rhagos – жырымдалу, жыртылу] зат. **1.** мед. *Қанталау, қан тамырлары қабырғаларының жидуі салдарынан оның ішіндегі қанның тіндер арасына, дене қуысына шығып, жиналуы.* **2.** балықшар. *Қан тамырлары қабырғаларының жидуі салдарынан оның ішіндегі қанның тканьдер арасына, дене қуыстарына шығып жиналуы.*

**ГЕМОРРОЙ** [грек. haimorrois] зат. мед. ***Көтеу*** *(Тік ішектің төменгі жағындағы күре тамырдың кеңеюі, түйінделіп қабынуы, қанталауы).*

**ГЕМОСПОРИДИН** зат. вет. *Мал қанындағы түрлі ауру қоздыратын паразит және оларға қарсы қолданатын дәрі.*

**ГЕМОСТАЗ** [грек. haima – қан, stasis – тоқтау] зат. мед. *Қанның тамырда жылжуының тоқтап қалуы, қан кетуді тоқтату.*

**ГЕМОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Қан құйып немесе қаннан жасалған препараттарды қолданып емдеу әдісі.*

**ГЕМОТОРАКС** [грек. haima – қан, thorax – кеуде] зат. мед. *Адамның кеуде қуысына қанның жиналуы.*

**ГЕМОТРАНСФУЗИЯ** зат. мед. *Қан құю.*

**ГЕМОЦИТОБЛАСТ** [лат. haemocytoblastos] зат. биол. *Ұрықтың сарыуыз қапшығы қабырғасындағы мезенхимадан дамып жетілетін алғашқы жас қан жасушасы.*

**ГЕМОЦИТОПОЭЗ** [грек. haemocytopoesis] зат. *Қан жасушаларының түзілу процесі.*

**ГЕМОФИЛИЯ** [грек. haima – қан, philia – бейімділік] зат. мед. *Тұқым қуалайтын қан тоқтамау ауруы.*

**ГЕМПШИР** [ағыл. Hempshire] зат. зоол. *Қысқа, тығыз жүнді, етті қой тұқымы.*

**ГЕН** [грек. genes, genesis – туу, туылған, шығу тегі, пайда болу] зат. биол. *Органикалық негіздері бір ретпен келетін тұқым қуалаудың алғашқы нышаны.*

**ГЕН¹** [грек. genos] зат. биол. *Тек (тұқым қуалаудың қандай да бір белгісін қалыптастыратын материалдық бірлік).*

**Гендер банкі.** биол. *Рекомбинатты ДНК негізінде алынған ағзалардың гендер жиынтығы.* **Гендердің ауытқуы.** биол. *Кездейсоқ факторлар әсерінен саны шектеулі популяцияның ген немесе гендер жиілігінің өзгеруі салдарынан, популяцияда тұқым қуалайтын өзгергіштіктің төмендеуі.* **Гендер экспрессиясы.** биол. *Әртүрлі дарақтардың белгілі бір геніндегі бірдей аллельдердің фенотиптік көріну дәрежесі.*

**ГЕН²** [грек. genes] *Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің бір нәрседен пайда болған, шыққан тегі мағынасындағы құрамдас бөлігі.*

**ГЕН³** зат. ескі кітаби. *Сөйлеу, сөз.*

**ГЕНДЕРЛІК** [ағыл. gender] сын. *Адамдардың жыныс ерекшелігімен байланысты.*

**Гендерлік даму.** қоғ.-әлеум. *Қоғам мүшелерінің жынысына қарай ерекшеліктерін ескере отырып жетілуі, ілгерілеуі.* **Гендерлік лингвистика.** *Сөйлеушінің жыныс айырмашылығымен байланысты тілдік ерекшеліктерді зерттейтін тіл біліміндегі бағыт.* **Гендерлік теңдік.** қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы еркек және әйел жынысты мүшелердің теңдігі.*

**ГЕНДІ** сын. *Тұқым қуалау қасиеті бар.*

**ГЕНДІК** сын. *Тұқым қуалауға тән қасиет.*

**Гендік инженерия.** мед. *Генетикалық және биохимиялық әдістермен табиғатта жоқ жаңа гендерді үйлестіру, арнайы құрастырумен байланысты молекулярлық биологияның бөлімі.*

**ГЕНЕАЛОГИЯ** [грек. genealogia] зат. **1.** тар. *Шежіре, ру тарихы, тарих ғылымының бір саласы.* **2.** биол. *Генетикада және селекцияда жеке өсімдіктер мен жануарлардың немесе олардың белгілі бір тобының шыққан тегі жайындағы мәліметтерді жинау туралы ілім*

**ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Генеалогияға тән, соған қатысты.*

**ГЕНЕЗ** [грек. genesis] зат. *Бір нәрсенің пайда болу, туындау және даму процесі деген мағынамен алдыңғы сөзді толықтырып тұратын, еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің екінші бөлігі. Мысалы: этногенез, патогенез, эмбриогенез.*

**ГЕНЕЗИС** [грек. genesis] зат. **1.** жаратыл. *Белгілі бір заттың, құбылыстың тууы мен одан әрі дамуын бейнелейтін ұғым.* **2.** ауыс. *Қандай да бір қоғамдық құбылыс не адам жанының өзгерістерінің даму жолы.*

**ГЕНЕРАЛ** [лат. generalis] зат. әск. **1.** *Армия мен әскери-теңіз флотында, әуе флотында жоғары офицерлік әскери атақ немесе жоғары офицерлік шен және сол атақтың иесі.* **2.** ауыс. көтер. *Мәртебесі биік деген мағынада.*

**ГЕНЕРАЛ-АДМИРАЛ** зат. әск. *Соғыс-Теңіз флотының әскери жоғарғы командашысының айырым лауазымы.*

**ГЕНЕРАЛ-АДЪЮТАНТ** зат. әск. *Генерал лауазымындағы адъютант.*

**ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР** зат. тар. *Патшалық Ресей кезінде тұтас бір атырап-аймақты әскери және әкімшілік жағынан билеуші адамның атағы, лауазымы.*

**ГЕНЕРАЛДАЙ** сын. *Генерал сияқты.*

**ГЕНЕРАЛДЫҚ** сын. *Генералға сай, тән.*

**Генералдық жоспар.** *Бас жоспар.* **Генералдық репетиция.** *Спектакльдің, концерттің т.б. алдындағы соңғы репетиция (әзірлік).*

**ГЕНЕРАЛИССИМУС** [лат. genearlissimus] зат. әск. *Ерекше әскери қызметі үшін санаулы адамдарға берілетін, кейбір мемлекеттердің Қарулы Күштерінің ең жоғары әскери атағы.*

**ГЕНЕРАЛИССИМУСТЫҚ** сын. *Генералиссимусқа тән, қатысты.*

**ГЕНЕРАЛИТЕТ** [нем. Generalitat] зат. әск. *Тек генерал атағы барларды ғана қамтитын әскери соғыс күшінің жоғарғы командирлер тобы, солардың бас қосу кеңесі, мәжілісі.*

**ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ** зат. әск. *Лейтенант шеніндегі генерал.*

**ГЕНЕРАЛ-МАЙОР** зат. әск. *Майор шеніндегі генерал.*

**ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИК** зат. әск. *Полковник шеніндегі генерал.*

**ГЕНЕРАЛ-ПРОКУРОР** зат. заң. *Генерал шеніндегі прокурор.*

**ГЕНЕРАЛ-ФЕЛЬДМАРШАЛ** зат. әск. *Кейбір елдерде ең жоғарғы әскери шен, атақ.*

**ГЕНЕРАЛША** үст. сөйл. *Генералға лайық.*

**ГЕНЕРАТИВ** зат. лингв. *Қайсыбір тапқа, қауымға жатуына қарай белгілі бір адамды немесе затты атайтын синтаксема.*

**ГЕНЕРАТИВТІ** [лат. generere] зат. сын. биол. *Өндіруші, тудырушы; жыныстық.*

**ГЕНЕРАТИВТІК: генеративтік бүршік.** бот. *Қысқарған өркенде орналасатын, гүл өсіп шығатын бүршік.*

**Генеративтік лингвистика.** лингв. *Туындаушы грамматика, трансформациялы-туындаушы лингвистика.*

**ГЕНЕРАТОР** [лат. generator] зат. тех. *Қандай да бір өнім өндіретін құрылғы, аппарат не машина.*

**ГЕНЕРАЦИЯ** [лат. generatio] зат. биол. **1.** *Туу, қалпына келу, өну – заттың тіршілігі, құбылысы, қасиеті.* **2.** биол. *Алдыңғы буын дарақтарының барлық тікелей ұрпағы.* **3.** *Туылу, өндірілу, өну.* **4.** *Бір буын ұзақтығының синонимі яғни организмдердің дамудан жыныстық жетілгенге дейінгі кезеңі.*

**ГЕНЕТИК** зат. биол. *Генетика маманы.*

**ГЕНЕТИКА** [грек. genetikos] зат. биол. ***Тектану*** *(ағзалардың тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдары мен оларды басқару әдістері туралы ғылым).*

**ГЕНЕТИКАЛЫҚ** сын. *Генезиске тән.*

**Генетикалық ақпарат.** биол. *Ұрпақтан ұрпаққа жыныс жасушасы арқылы берілетін ағзалардың қасиеті туралы ақпарат.* **Генетикалық алдын ала бейімделушілік.** биол. *Ағзаның тіршілік ету ортасына қарай бейімделуінің эволюциялық генетикалық алғы шарттары; бұл шарттар тіршілік иелерінің түрлеріндегі туа бітті қасиеттер және организмдер мен олар тіршілік ететін ортаның әрекеттестігімен тікелей байланысы жоқ.* **Генетикалық жүк.** биол. *Индивидуалдардың немесе популяциялардың бейімдеушілігін азайтатын генетикалық кінәраттар.* **Генетикалық карта.** биол. *Бір тіркесу тобына жататын гендердің өзара орналасу сұлбасы.* **Генетикалық код.** биол. *Тірі ағзаларға тән нуклеин қышқылдары молекуласындағы тұқым қуалаушы (генетикалық) ақпараттық нуклеидтер тізбегі түріндегі біртұтас «жазылу» жүйесі.* **Генетикалық психология.** биол. *Көбінесе ересек ағза мысалында қарастырылатын, психологиялық құбылыстарға негіз болатын даму процестерін зерттейтін ғылым саласы.* **Генетикалық рекомбинация.** биол. *Тірі ағзалардың тұқым қуалайтын құрылымдық өзгешеліктеріне әкелетін ұрпақта шыққан тегінің генетикалық материалдарының қайта құрылуы.* **Генетикалық ресурстар.** биол. *Аталған аумақта немесе біртұтас планетада мекендеуші барлық тірі ағзалардың тектік қорының жиынтығы.* **Генетикалық сұрыптау.** биол. *Ағзаны шығу тегі мен ұрпақ сапасы бойынша бағалау.* **Генетикалық талдау.** биол. *Ағзаның тұым қуалау қасиеттерін зерттеу әдістерінің жиынтығы.* **Генетикалық тәсіл.** биол.

*Әлеуметтік құбылыстар мен процестердің пайда болуын, қалыптасуы мен дамуын талдай отырып зерттеу әдісі.* **Генетикалық улылық.** биол. *Химиялық, физикалық және биологиялық факторлардың генетикалық анықтауыш жасушалардың құрылымдық-функциялық жағдайын бұзу қасиеті.* **Генетикалық ығу.** биол. <грек. genetikos – тек, голл. Drijven – қуу> *Популяциялық генетикалық құрылымдағы өзгеріс.*

**ГЕНИТАЛИЙЛЕР** зат. анат. *Сыртқы жыныс мүшелері.*

**ГЕНИТИВ** [лат.genitivis] зат. лингв. *Ілік септігінің көне латын тіліндегі атауы.*

**ГЕНОКОПИЯ** зат. биол. *Сыртқы түрі басқа тұқымқуалаушылыққа ұқсас, бірақ басқа генмен негізделген ағзаның тұқымқуалаушылық өзгерісі.*

**ГЕНОМ** [ағыл. genome] зат. биол. *Нақты бір жан-жануарлар немесе өсімдіктің хромосомаларының бірегей (гаплоидтік) құрамындағы ген жиынтығы.*

**Геномдық корреляция.** биол. *Көптеген тұқым қуалау қасиеттері, сондай-ақ өзара тығыз байланысты гендер әсерінен болатын байланыс.*

**ГЕНОМИКА** зат. биол. *Геномды зерттеумен айналысатын ғылыми пән атауы.*

**ГЕНОТЕИЗМ** [грек. hen – бір, theos – құдай] зат. діни. *Көп құдайды мойындап, ішінен ең негізгісін ерекшелейтін политеизмнің бір түрі.*

**ГЕНОТИП** [грек. genos – шығу тегі, tupos – үлгі, пішін] зат. биол. *Ағзаның генетикалық, тұқымқуалаушылық конституциясы (ағзаның барлық тұқымқуалаушылық қасиеттерінің жиынтығы), өзара әртүрлі деңгейде әрекеттесуші генетикалық элементтердің бірегей жүйесі.* **2.** филос. *Мәдениеттануда гомогендік және архетип ұғымдарына жақын мағынада қолданылатын органикалық жүйедегі барлық тұымдық факторлардың жиынтығы, фенотипте көрінетін тұқымқуалаушылық белгілер.*

**ГЕНОТИПТІК** сын. биол. *Генотиппен байланысты, қатысты.*

**ГЕНОТРОФТАР** [грек. genos – шығу тегі, trophe – қоректену] зат. биол. *Қоректену режімінің кенеттен бұзылуы салдарынан туатын өзгергіштік.*

**ГЕНОФОНД** [грек. genos – шығу тегі. франц. fond – жиынтығы] зат. **1.** *Биологиялық түрдің, популяцияның ұзақ мерзім ішінде сақталуға мүмкіндік беретін геннің жиынтығы.* **2.** *Қоғамның, қоғамдық топтардың қасиеттерінің жиынтығы.*

**ГЕНОЦИД** [грек. genos – тек, ру, тайпа, лат. caedere – өлтіру] зат. **1.** қоғ. заң. *Халықаралық қылмыс түрлерінің бірі; белгілі бір әлеуметтік топты нәсілдік, ұлттық этикалық немесе діни өшпенділікпен қырып-жою.* **2.** филос. *Нәсілдік немесе этностық басымдылық пен жеккөрушілікті желеу етіп, адамдық бірлестіктерді жою әрекеттері.*

**Геноцид [геноцидтік] саясаты.** *Қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топ өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жоюға бағытталған үстемдік саясат.*

**ГЕНОЦИДТІК** сын. *Геноцидке қатысты, соған тән.*

**ГЕНРИ** зат. физ. *Индуктивтік пен өзара индуктивтілікті бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (Си) өлшем бірлігі.*

**ГЕНСЕК** [ор. генеральный секретарь] зат. совет. *Кеңестік өкімет тұсында Коммунистік партияның жетекшісі, генералдық секретарь сөзінің қысқарған түрі.*

**ГЕНТЕКС** [ағыл. gentex] зат. тех. *Әртүрлі елдердің ірі қалалары арсындағы тікелей байланысты қамтамасыз ететін, автоматты коммутациялық телеграф станцияларымен жабдықталған жалпы қолданыстағы халықаралық телеграф желісі.*

**ГЕНУИНДІК** [лат. genuinus] сын. *Табиғи; нағыз; туа біткен (ағзада алғаш пайда болатын дерттік процестерді белгілеу үшін медицинада қолданылады).*

**ГЕНШТАБ** зат. әск. *Генералдық штаб сөзінің қысқарған түрі, бас штаб, әскери басқарманың органы.*

**ГЕО...** [грек. ge] *Жер планетасы мен жердегі өмір-тіршілікке қатыстылықты көрсететін күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГЕОАКУСТИКА** [грек. ge – жер, akystikos – естілім] зат. физ. *Акустиканың дыбыстық, инфрадыбыстық және ультрадыбыстық толқындардың жер қыртысында таралуын зерттейтін бөлімі.*

**ГЕОАНТИКЛИН** зат. геол. **1.** *Геоантиклинді жүйелер өңірінде ұзақ уақыт бойына көмпие көтерәлетін ауқымды аймақтар.* **2.** *Геосинклин деген ұғымға қарама-қарсы мағынада қолданылатын атау.*

**ГЕОАНТИКЛИНАЛЬ** зат. геол. *Опырылмалы, қозғалмалы жүйелер өңірінде ұзақ уақыт бойына көмпие көтерілетін ауқымды аймақтар.*

**ГЕОБИОЛОГИЯ** зат. биол. **1.** *Ағзалардың бейорганикалық табиғатпен қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми бағыт* **2.** *Жер қабатындағы тіршілікті зерттейтін ғылыми бағыт.*

**ГЕОБИОСФЕРА** зат. геол. *Биосфераның құрлықтағы жер беті бөлігі.*

**ГЕОБОТАНИКА** [грек. ge – жер, botanike – өсімдік] зат. биол. *Жер беті өсімдіктері жамылғысын, оның құрылымын, таралу заңдылығын, құрылысын, адамның қоршаған ортамен байланысын зерттейтін ғылым саласы; ботаниканың бір тарауы.*

**ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ** сын. *Геоботаникаға тән.* **Геоботаникалық карта.** *Өсімдіктер немесе олардың топтарының жер бетінде өсіп таралуын көрсететін карта түрі.*

**ГЕОГЕЛЬМИНТТЕР** зат. биол. *Тіршілік циклінде аралық иегерлері болмайтын, ал жұмыртқалары немесе личинкалары қоршаған ортада дамитын паразиттік құрттар.*

**ГЕОГЕНЕРАЦИЯ** зат. геол. *Ортақ климат жағдайымен және ұқсас тектоникалық белсенділігімен сипатталатын, нақты тектоникалық құрылымының нақтылы даму сатысында қалыптасқан, құрамдық, құрылымдық және таралу ерекшеліктері де ортақ таужыныстардың бір свитадан тұратын немесе бірнеше свиталар жиынтығын құрайтын бірлестігі.*

**ГЕОГИГИЕНА** [грек. ge – жер, hygieinos – емдік, шипалық] зат. мед. *Адам әрекеттерінің әлемдік медициналық аспектілерін, денсаулыққа тікелей әсері мен экожүйлердегі болған өзгерістері арқылы зерттейтін пән.*

**ГЕОГИЛЬМИНТТЕР** зат. *Жұмыртқа түскеннен кейін әрі қарай топырақта дамитын паразитті құрттар.*

**ГЕОГРАФ** зат. *География ғылымының маманы.*

**ГЕОГРАФИЗМ** зат. философ. *Қоғам дамуындағы географиялық факторларды асыра бағалайтын әлеуметтік бағыттың және бірқатар мектептердің жалпы атауы.*

**ГЕОГРАФИЯ** [грек. ge – жер, grapho – жазу] зат. геогр. **1.** *Жердің географиялық қабығын, табиғи, аумақтық-өндірістік және әлеуметтік-аумақтық кешендері және олардың құраушыларын зерттейтін жаратылыстану және қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар жүйесі.* **2.** *Осы ғылым саласын жоғары оқу орындарында арнайы оқытатын бөлім.* **3.** *Осы ғылым саласы бойынша оқу орындарында оқытылатын арнайы пән.*

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *География пәніне, ғылымына тән, соған қатысты.*

**Географиялық алаң**. геогр. *Мектеп маңында физикалық географиядан бақылау жұмыстарын жүргізетін алаң.* **Географиялық атлас.** геогр. *Географиялық карталардың біртұтас жүйелі жинағы.* **Географиялық ашулар.** *Жаңа жерлер, адам баспаған тың географиялық нысандардың арнайы анықталып, іздестіріліп табылу әрекеті.* **Географиялық белдем.** геогр. *Географиялық белдеулер аймағында бір-бірін заңды түрде алмастырып отыратын құрлықтар өңіріне тән табиғи белдемдер.* **Географиялық белдемше**. геогр. *Мұхиттан құрлық ішіне қарай алыстай түсуіне немесе сол жердің ендігіне қарай белгіленген, жергілікті ерекшеліктері анық байқалатын географиялық белдем бөлігі.* **Географиялық бойлық.** геогр. *Негізгі (астрономиялық және геодезиялық) географиялық координаттардың бірі.* **Географиялық ендік.** *Жер бетіндегі белгілі бір пункттің экватордан қашықтығы.* Географиялық ендік. г е о г р. *Жер бетіндегі белгілі бір нүктенің экватордан қашықтығы.* **Географиялық зоналар.** геогр. *Географиялық аймақтар (жылылық пен ылғалдықтың арақатынасына байланысты географиялық белдеулер ішінде бір-біріне заңды түрде ауысып отыратын әртүрлі табиғи ландшафт аймағы).* **Географиялық карта.** геогр. *Қабылданған шартты белгілер арқылы берілген жер бетінің жазықтықтағы кішірейтілген бейнесі.* **Географиялық координаттар**. геогр. *Жер бетіндегі кез келген нүктенің экватор мен Гринвич меридианына қатысты орнын анықтайтын бұрыштық шамалар жүйесі.* **Географиялық қабық.** геогр. *Жер қабығынан, атмосфераның төменгі бөліктерінен тропосфера мен стратосфераның бөлігінен, гидросферадан, өсімдік пен топырақ жамылғысынан, жануарлар дүниесінен тұратын жер шарының кешендік қабығы.* **Географиялық орта.** геогр. *Адамды қоршаған табиғат, қоғамдық өмірдің қажетті әрі тұрақты шарты, географиялық қабықтың бір бөлігі.* **Географиялық орын.** *Белгілі бір пункттің немесе объектінің басқа пунктке, территорияға немесе объектіге қатысты орны.* **Географиялық полюс.** геогр. ***Географиялық үйық.*** **Географиялық термин.** лингв. *Белгілі бір географиялық объектіні және географиялық ұғымдарды білдіретін сөз.* **Географиялық фактор.** геогр. *Аумақтың ландшафтық қасиеттерінің табиғи немесе табиғи-антропогендік әрекеттерден біртіндеп, кейде шұғыл өзгеруі.*

**ГЕОДЕЗИЯ** [грек. geodaisia] зат. геол. *Жердің пішіні мен көлемін, топографиялық өлшеулерді негіздеуге қажет жер беті нүктелерінің орналасуын анықтайтын, сондай-ақ түрлі инженерлік-техникалық жұмыстарды жүзеге асыруға қажет тәсілдерді зерттейтін ғылым.*

**ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ** сын. *Геодезияға тән, қатысты.*

**Геодезиялық астрономия.** геол. *Практикалық астрономияның астрономиялық бақылау нәтижелерін геодезиялық және картографиялық жұмыстарда қолдану әдістерін зерттейтін бөлімі.* **Геодезиялық белгі.** геол.

*Геодезиялық нүкте кіндігінің үстіне орналасқан, ағаштан немесе металдан жасалған құрылғы.* **Геодезиялық координат.** геол. *Жер бетіндегі нүктелердің референц-эллипсоид бетінде көрсетілген бұрыштың және сызықтың шамаларының жиынтығы.* **Геодезиялық пункт.** *Координаттары жоғары дәлдікпен анықталған, жергілікті жерге белгілер, пирамидалар түріндегі жер үсті құрылыстары орнатылған нүкте.* **Геодезиялық торап.** геол. *Жер үстіндегі геодезиялық нүктелер жүйесі.*

**ГЕОДЕЗИСТ** зат. геол. *Геодезияшы, геодезия маманы.*

**ГЕОДЕМОГРАФИЯ** [грек. ge – жер, demos – халық, grapho – жазамын] зат. *Тарихи қалыптасқан бір аумақтағы демографиялық жағдайлар жиынтығы мен әлеуметтік экономикалық мәселелердің және факторлардың арақатынасын зерттейтін ғылыми пән.*

**ГЕОДИНАМИКА** [грек. ge – жер, dynamic – күш] зат. геол. *Жер планетасы эволюциясының нәтижесінде пайда болатын, Жердің ішкі, сыртқы қатты қабаттарындағы зат массаларының қозғалысы мен энергиясын анықтайтын күштер мен процестер туралы ғылым.*

**ГЕОЖҮЙЕ** зат. *Бүтіннің бір бөлігі ретінде дамитын, орналасуы жөнінен бір-бірімен байланысты, бір-біріне қажетті табиғат бөлшектерінен тұратын ерекше материалдық жүйе.*

**ГЕОИД** [грек. ge – жер, eidos – түр] зат. геол. *Мұхит пен ашық теңіздердің тыныш қалпындағы (толқын, тасу-қайту, түрлі ағыс болмаған жағдайда) орта деңгейімен өтетін жердің пішіні.*

**ГЕОИЗОБАТА** зат. геол. *Жер (су) бетінен оның әртүрлі деңгейлеріне дейінгі тереңдік көрсеткіштерінің теңдес мағыналарын әртүрлі карталар мен сұлбалар бетінде өзара жалғастыру нәтижесінде алынатын сызықтар жиынтығы.*

**ГЕОИЗОТЕРМА** зат. геол. *Жер қыртысы қабатының температуралық көрсеткіштерінің теңдес мағыналарын өзара жалғастыру нәтижесінде әртүрлі карталар мен қималар бетінде алынатын сызықтар жиытығы.*

**ГЕОИЗОТЕРМИКАЛЫҚ: Геоизотермикалық карта.** геол. ***Геотермикалық карта.***

**ГЕОКРИОЛОГИЯ** [грек. ge – жер, kryos – суық, logos – ғылым] зат. геол. *Жер қыртысындағы тау жыныстары мен топырақтың жоғарғы қабатының қатуын, тоңдануы мен жібуін зерттейтін ғылым; тоңтану.*

**ГЕОКРИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Геокриология ғылымына қатысты, геокриологияға тән.*

**Геокриологиялық [тоңдық] түсіру.** *Тоң таужыныстар таралған аудандардағы далалық зерттеулер әдісі.*

**ГЕОЛОГ** зат. *Геология ғылымының маманы.*

**ГЕОЛОГИЯ** [грек. ge – жер, logos– ғылым, ілім] зат. геол. *Жер қыртысын және ішкі қабаттарын, оның құрылысын, құрамын, қозғалысын, даму тарихын, кен байлықтарының пайда болу, орналасу заңдылықтарын зерттейтін, сондай-ақ ауа, су, тас қабатында өтетін процестер жайындағы жаратылыстану ғылымдарының кешені.*

**ГЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. геол. *Геологияға қатысты, байланысты.*

**Геологиялық барлау.** геол. *Кен белгілері мен кендердің геологиялық жағдайын, сол кендерді іздеу, барлау, бағалау және игеру шараларының ең тиімді мәселелерімен айналысу.* **Геологиялық барлау жұмыстары.** кен. *Жер қойнауындағы пайдалы қазындылардың аса маңызды түрлері бойынша минералдық шикізат қорларының жай-күйін анықтау жұмыстарының кешені.* **Геологиялық блок.** *Жаралу тегі, магмалық пәрменділігі және өзгеріс ерекшеліктері тұрғысынан ортақ көрсеткіштермен сипатталатын тектоносфераның мейлінше ірі (1-5 млн $км^2$) бөліктері.* **Геологиялық блок әдісі.** *Қатты пайдалы қазба байлықтарды есептеудің негізгі әдістерінің бірі.* **Геологиялық болжамдар.** геол. *Жердің алғашқы жаралу себептерін, оның ішкі құрылыс ерекшеліктерін, тектоникалық қозғалыстар табиғатын және планетаның геологиялық даму заңдылықтарын жасақтауға көмектесетін болжамдар жиынтығы.* **Геологиялық жапсар.** геол. *Жер қыртысындағы түрлі тау жыныстарының бір-бірімен түйісуі, беті немесе белдемі.* **Геологиялық жүйе.** геол. *Кезең мезгілінде жиылған ішінде түрлі жануарлар (мақлұқат) мен өсімдіктердің (нәбәтат) қазба қалдықтары бар тау жыныстарының жиынтығы.* **Геологиялық карта.** геол. *Шөгінді таужыныстар мен магма жыныстардың жасы, таралуы көрсетілетін белгілі бір ауданның геологиялық құрылысын бейнелейтін карта.* **Геологиялық кезең.** геол. *Тау жыныстарының геологиялық жүйе болып қалыптасатын уақыт бірлігі. [Ол геологиялық эраның бір бөлігі саналады және бірнеше геологиялық дәуірлерге бөлінеді].* **Геологиялық кешен.** *Тектоникалық құрылым дамуының толық оралымы барысында, таужыныстардың нақтылы құрылым өңірінде түзіле бастағаннан осы құрылымның қатпарлана бастауына дейінгі аралықта қалыптасып үлгерген бүкіл таужыныстар жиынтығы.* **Геологиялық көнелік [жас].** *Геологиялық денелердің түзілгеннен бері не геологиялық қайсыбір оқиғалар (қатпарлану, мұзбасу және т. б.) болып өткеннен бергі уақыт мөлшері.* **Геологиялық қабат.** геол. *Географиялық атаумен геологиялық қабаттың бөлігін құрайтын аймақтық өлшемнің көмекші мәні.* **Геологиялық қима.** геол. *Геологиялық картада берілген аумақтық геологиялық құрылысының тік бағыттағы графикалық бейнесі.* **Геологиялық құрылым.** геол. *Жер қабығының қандай да бір үлескісінің геологиялық құрылысы; тау жыныстарының жатыс формасы. Жер қабығының қандай да бір үлескісінің, оның геологиялық құрылысының (мыс., қатпарлы, айырылымды, аралас құрылымды) ерекшелігін айқындайтын тектоникалық формаларының жиынтығы.* **Геологиялық құрылыс.** геол. *Тау жыныстарының құрамдас бөліктері.* **Геологиялық процестер.** *Жердің құрамын, құрылымын, бедерін және ішкі құрылысын үнемі өзгертіп отыратын процестер жиынтығы.* **Геологиялық саты.** геол. *Тарихи геологияда Жердің және оның органикалық дүниесінің даму кезеңдері.* **Геологиялық түзілім.** геол. *Жер қыртысындағы түрлі тау жыныстарының пайда болуы.* **Геологиялық түсірім.** *Жер қыртысының нақтылы бөлігін оның геологиялық құрылыс ерекшеліктері және минералдық шикізат қорын кіріктіру мүмкіндіктері тұрғысынан зерттеу әдістерінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі; сол аймақтың геологиялық картасын жасауға қатысты барша шаралар жиынтығы.* **Геологиялық факторлар.** *Таужыныстар массивінің қалыптасу сатысында жаралған табиғи күй.* **Геологиялық формация.** *Генетикалық, парагенетикалық, стратиграфиялық тұрғыдан немесе өзге де ортақ сипаттары тұрғысынан топтастырылған геологиялық денелер бірлестігі.* **Геологиялық формациялар картасы.** *Нақтылы тектоникалық, физикалық-географиялық және термодинамикалық жағдайда қалыптасып, бір-бірімен парагендік байланыста түзілген таужыныс бірлестіктерінің белгілі бір аймақ өңірінде таралу заңдылықтарын кескіндейтін арнаулы геологиялық карта.* **Геологиялық формациялар туралы ілім.** *Жер қыртысына тиесілі әртүрлі дәрежелі құрылымдық элементтердің зерттеу барысында осы құрылымдық элементтердің геологиялық даму тарихын оларды құрайтын геологиялық формациялардың болмыс-бітімі мен құрылыс ерекшеліктерін жан-жақты саралау нәтижесінде сатылай отырып қадағалауға негізделген геология ғылымның арнаулы ілімі.* **Геологиялық эрозия**. геол. *Табиғи абиоталық процестерге (мүмкін, адам әрекетімен күшейтілген) байланысты эрозияның барлық түрлері; қалыпты эрозия.*

**ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОФИЗИКАЛЫҚ: Геологиялық-геофизикалық қима.** геол. *Зерттелген аумақтың әртүрлі геологиялық және геофизикалық әдістер көмегімен дараланған горизонттарының геологиялық құрылыс ерекшеліктерін тік жазықтық бетінде сызба түрінде кескіндеу.*

**ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ: Геологиялық-техникалық наряд.** геол. *Геологиялық қиманың сипатын және геофизикалық зерттеулердің міндетті түрде жүргізілуі тиіс кешенін, бұрғылау технологиясын және жуғыштау сұйығының сапасын, ұңғыма конструкциясын, сынамалау және ұңғыманы теспелеу нүктелерінің ара қашықтығын анықтайтын ұңғыма бұрғылаудың ең басты жобалық құжаты.*

**ГЕОЛОГТАЙ** сөйл. *Геолог сияқты.*

**ГЕОМАГНЕТИЗМ** [грек. ge – жер, magnetis (lithos) – магнитті (тас)] зат. геол. *Жердің магнит өрісі жайлы ғылым.*

**ГЕОМАНИЯ** зат. мед. *Топырақ жеуге әуестік.*

**ГЕОМЕРИДА** [грек. ge – жер, meris – үлес, қабат] зат. мат. геол. *Жерді мекендеушілер яғни планетада қоныс тепкен бүкіл тірі организмдердің жиынтығы.*

**ГЕОМЕТРИЯ** [грек. ge – жер, metros – өлшеу] зат. *Математиканың кеңістік пішіндер мен қатынастарды, сондай-ақ оларға ұқсас басқа да пішіндер мен қатынастарды зерттейтін саласы.*

**ГЕОМЕТРИЯЛАУ=** ет. *Шоғырдың (кеннің) сызбалы пішімін алу мақсатында нақтылы өлшеулерді, есептеулерді және сызбалы тұрғызымдарды кескіндеу.*

**ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ** сын. мат. *Геометрияға тән қасиет.*

**Геометриялық дене.** мат. *Шар, пирамида сияқты заттар.* **Геометриялық изомерия.** хим. *Кіші циклдің және қос байланыстың айналасында пайда болатын диастеромерия.* **Геометриялық оптика**. мат. *Оптиканың жарықты геометриялық сызық ретінде қарастыра отырып, жарықтың таралу заңдарын зерттейтін бөлігі.* **Геометриялық оюлар.** өнер. *Түрлі бұйымдар мен құрылыстарды әшекейлеу әдісінің геометриялық элементтерге негізделген түрі.* **Геометриялық прогрессия.** мат. *Әрбір мүшесі алдыңғы мүшесінен қандай да бір еселік деп аталатын тұрақты санға көбейтуден шығатын сан қатары.* **Геометриялық пішін [фигура]** мат. *Үшбұрыш, квадрат, конус сияқты геометриялық сызбалар.*

**ГЕОМЕХАНИКА** [грек. ge – жер, mechanik – мәшине жасау өнері] зат. геол. *Тау жыныстарының физикалық, механикалық қасиеттерін, кернеуленген күйін, олардың табиғи және технологиялық факторлардың әсерінен деформациялануы мен бұзылу процестерін зерттейтін ғылым.*

**ГЕОМОРФОЛОГ** зат. геол. *Геоморфология ғылымының маманы.*

**ГЕОМОРФОЛОГИЯ** [грек. ge – жер, morphos – түр, logos – ілім] зат. геол. *Жер беті үстіндегі тау-тас, сай-сала, дөңес-қырат, құрлық, мұхиттар мен теңіздер түбінің т.б. шығуын, пайда болуын, жаратылысын зерттейтін физикалық географияның бір саласы.*

**ГЕОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Геоморфологияға қатысты.*

**Геоморфологиялық аудандау.** *Аумақты қайталанбайтын, бедерінің жергілікті ерекшеліктерімен сипатталатын өзіндік аудандарға бөлу.* **Геоморфологиялық ауытқу.** *Шектеулі бөлікше бедерінің оның айналасындағы (ая рөлін атқаратын) бедерден морфологиялық, генетикалық немесе жас еркешеліктері бойынша өзгешеленуі.* **Геоморфологиялық деңгейлер.** *Жер қыртысының көтерілген бөлікшелерінде экзогендік процестер ықпал етуі нәтижесінде пайда болып тегістелген беттер.* **Геоморфологиялық карта.** геол. *Белгілі бір ауданның жер бедерінің жасын, олардың шығу тарихын көрсететін карта.*

**ГЕОРГИНА** зат. өс. <лат. dahlia> *Жаз бойы гүлдейтін, гүлі ірі, биіктігі 20-дан 80 см-ге дейін өсетін гүл өсімдігі.*

**ГЕОСАЯСАТ** [грек. ge – жер, politika – қоғамдық] зат. саяси. *Географиялық, саяси, әскери және басқа факторлардың жүйелі ықпалын есепке ала отырып, мемлекеттің, бүтіндей әлемнің және оның аймақтарының даму процестері мен принциптерін зерттейтін ғылым.*

**ГЕОСАЯСАТШЫ** зат. саяси. *Геосаясатпен айналысушы адам, саясаткер.*

**ГЕОСАЯСИ** сын. саяси. *Мемлекеттің сыртқы саясатының географиялық факторларға сүйеніп атқарылуын және территориялық экспансияны жақтайтын саяси теория.*

**Геосаяси ахуал**. саяси. *Белгілі бір елдің физикалық, экономикалық және саяси географиясына қатысты қалыптасқан жағдай.*

**ГЕОСИНКЛИНАЛЬ** [ грек. ge – жер, syn – бірге, klino – еңістену] зат. геол. *Жер қыртысының қозғалмалы (төмен қарай опырылмалы) аймағы.*

**ГЕОСИНКЛИНДІК: Геосинклиндік формациялар.** геол. *Геосинклиндік алқаптарда қалыптасқан геологиялық формациялардың үлкен тобы.*

**ГЕОСТАТИКАЛЫҚ: Геостатикалық қысым.** геол. *Қойнауқатқа өзінен жоғары орналасқан таужыныс қабаттарының салмағы түсіретін қысым.*

**ГЕОСТАТИСТИКА** [грек.ge – жер, нем. Statistik – қалып-күй] зат. *Геологиялық деректерді жүйелеп, өңдеу жүргізуге арналған математикалық пән.*

**ГЕОСТРАТЕГИЯ** зат. саясат. *Мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің билік пен қоғамның, мемлекеттің әлемдегі алатын орнын, ұлттық мүдделері мен басымдықтарын, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпті түсінуімен тығыз байланысты, геосаясатқа негізделген бағыты.*

**ГЕОСТРОФИЯЛЫҚ: геострофиялық ағыс.** сушар. *Қысым градиенті мен Кариолис күшінің теңестіру әрекетінен болатын теңіз суларының қозғалысы.*

**ГЕОСФЕРАЛАР** [грек.ge – жер, sphaira – шар] зат. геол. *Жер шарын қоршап жатқан және бір-бірінен өздерінің тығыздығы мен химиялық құрамы бойынша өзгеше қабықтар (сфералар).*

**ГЕОТАРИХИ: Геотарихи ұстаным.** геол. *Геологиялық процестер мен құбылыстардың өту заңдылықтары геологиялық уақыт барысында айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған, сондықтан бүгінгі геологиялық процестерді өткен кезең процестерімен тұп-тура теңдестіре қарауға болмайды деген тұжырымға негізделген геологиялық зерттеулер ұстанымы.*

**ГЕОТЕКТОНИКА** [грек. ge – жер, tektonikos – құрылысы] зат. физ. *Жер қыртысының құрылысы, ондағы деформациялар, Жер қыртысының кейіпін өзгертетін қозғалыстар және осы қозғалыстардың даму заңдылықтары, тұтас алғанда, Жердің құрылымы мен дамуы туралы ғылым.*

**ГЕОТЕРМАЛДЫ** [грек. ge – жер, therme – жылу] сын. геол. *Жер қыртысындағы жылу процестеріне қатысты.*

**Геотермалды сулар.** геол. *Жер қыртысынан шығатын ыстық сулар.* **Геотермалды энергетика.** геол. *Энергияны Жердің ішкі жылуынан алу.*

**ГЕОТЕРМИКА** зат. физ. геогр. *Жер қойнауында болып жатқан жылу процестерін зерттейтін геофизиканың бір бөлімі.*

**ГЕОТЕРМИКАЛЫҚ: Геотермикалық саты.** геол. *Жер қойнауларының әрбір температура $1^0C$-қа өзгеруіне сәйкес келетін тереңдік мөлшері яки метрлер саны [Бұл мөлшер, шамамен, 33 м-ге сәйкес келеді деп есептелінеді].*

**ГЕОТЕРМИЯ** [грек. ge – жер, therme – жылу] зат. *Жер қыртысында болып жатқан жылулық процестерді зерттейтін геофизика саласы.*

**ГЕОТЕРМИЯЛЫҚ** сын. *Геотермияға қатысты.*

**Геотермиялық градиент.** геол. *Жер қыртысына 100 м тереңдеген сайын температураның көтерілуін көрсететін шама.* **Геотермиялық саты.** геол. *Тау жыныстары температурасының әрбір 1°С-ге көтерілуіне сәйкес жер қойнауы тереңдігінің артуы.*

**ГЕОТЕХНОЛОГИЯ** зат. геол. *Бұрғыланған ұңғыма арқылы кен байлықтарын жер астынан жылу, масса алмасу, химиялық, микробиологиялық немесе гидродинамикалық процестер көмегімен алу (адам қатысуынсыз) тәсілдері.*

**ГЕОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Геотехнологияға қатысты.*

**Геотехнологиялық әдістер.** *Пайдалы қазылымдарды жер қойнауынан химиялық, химиялық-физикалық, химиялық-биологиялық және микробиологиялық әдістермен алу.*

**ГЕОТОП** [грек. geo – жер, topos – жер үлесі] зат. геол. *Ірі масштабты геотопологиялық зерттеулерде айқындалатын ең аз біртекті (гомогенді) бірлік.*

**ГЕОТРОПИЗМ** [грек.ge – жер, tropo – бұрамын] зат. бот. *Өсімдіктердің, тамырлардың жер ортасына қарай төмен бағытталуымен сипатталатын тропизмнің бір түрі.*

**ГЕОФИЗИК** зат. *Геофизика маманы.*

**ГЕОФИЗИКА** [грек.ge – жер, physike – табиғат] зат. *Жер геосфераларындағы және оның ядросындағы физикалық құбылыстар мен процестерді зерттейтін ғылым.*

**ГЕОФИЗИКАЛЫҚ** сын. *Геофизикаға тән.* **Геофизикалық барлау.** геол. *Кен байлықтарын іздеу және барлау мақсатында Жер қыртысының құрылысын физикалық тәсілдермен зерттеу.* **Геофизикалық карта.** *Жердің гравитациялық, магниттік, геотермиялық және т.б. өрісін бейнелейтін карта.* **Геофизикалық құбылыстар.** геол. *Жер геосфераларындағы және оның ядросындағы физикалық құбылыстар.*

**ГЕОФИТТЕР** [грек. ge – жер, phyton – өсімдік] зат. геол. *Қалпына келетін (өсетін) бүршіктері, қоректенетін азық-қорлары жер астындағы органдарында болатын өсімдіктер.*

**ГЕОФОН** [грек. ge – жер, phone – дыбыс] зат. тех. *Геологиялық барлау жұмыстарында, әскери іс, т.с.с. қолданылатын Жер қыртысының жоғарғы аймақтарындағы дыбыс толқындарын ұстайтын аспап.*

**ГЕОХИМИК** зат. *Геохимия маманы.*

**ГЕОХИМИЯ** [грек. ge – жер, лат. chimia – химия] зат. *Жердің химиялық құрамын, элементтердің көшу не таралу заңдылықтарын, атомдардың табиғи процестер кезіндегі орналасу мен көшу тәсілдерін зерттейтін ғылым.*

**ГЕОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Геохимияға тән, қатысты.*

**Геохимиялық белдем.** геол. *Топырақ жамылғысында химиялық элементтердің ерекше жылуымен ерекшеленетін көлденең белдем.* **Геохимиялық диаграмма.** *Минералдардың кристалдану процесі немесе химиялық элементтердің таралу заңдылықтары уақыттың не температураның өзгеруі тұрғысынан әртүрлі сатыларға сәйкестендіре кескінделетін сызба нұсқа.* **Геохимиялық карта.** геол. *Тау жыныстарында химиялық элементтердің таралу ерекшеліктері мен заңдылықтарын көрсететін карта.* **Геохимиялық ландшафт.** геол. *Бір мезорельф бөлігінде орналасқан негізгі топырақтағы, топырақ астындағы негізгі химиялық элементтердің құрамы мен көлемі, сондай-ақ бұл элементтердің жылжу типі де біртектес жер бетінің бөлігі.* **Геохимиялық тосқауыл.** геол. *Жер қабығындағы қандай да бір химиялық элементтің жылыстау қабілетін күрт төмендету белдемі.* **Геохимиялық экология.** геол. *Тірі организмдер мен биоценоздардың тіршілік ортасымен өзара әрекеттесуін және химиялық элементтердің биосферада географиялық таралуын зерттейтін экологияның бір саласы.*

**ГЕОХРОНОЛОГИЯ** [грек. ge – жер, chronos – уақыт, logos – ілім] зат. геогр. *Геологиялық жылнама; жер қыртысын құрайтын тау жыныстарының түзілу кезеңдері (уақыты, жасы) мен саналу реті туралы ілім.*

**ГЕОХРОНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Геохронологияға қатысты* [*Кезеңдер мен жүйелердің аттары бірінші рет кездескен және зерттелген белгілі кезеңге тән келетін жыныстардың табылған орындарына сәйкес берілген*].

**ГЕОЦЕНТР** [грек. ge – жер, kentron – бір нәрсенің жүзі, өткірі] зат. астр. *Жер шарының кіндігі, магниті; орталығы.*

**ГЕОЦЕНТРИЗМ** зат. фил. *Әлемнің кіндігі жер, ал барлық жұлдыздар мен күннің оны айналып жүретіндігі туралы жалаң түсінік.*

**ГЕОЦЕНТРЛІК** сын. *Геоцентрге тән, геоценрге қатысты.*

**ГЕОЭКОЛОГИЯ** [грек. ge – жер, oikos – үй, logos – ілім] зат. *Жоғарғы иерархиялық деңгейлердің (биосфераға дейін) экожүйесін зерттейтін ғылымның бір саласы.*

**ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Геоэкологияға қатысты.*

**ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. *Геоэкономикаға қатысты.*

**ГЕОЭНЕРГЕТИКА** зат. геол. *Энергияны жердің ішкі жылуынан алу.*

**ГЕПАРД** [франц. guepaud] зат. зоол. *Африка мен Оңтүстік-Батыс Азияда мекендейтін мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң.*

**ГЕПАРИН** [грек. hepar] зат. фарм. *Қанды ұйытатын дәрі.*

**ГЕПАТИКОЛИТИАЗ** зат. мед. *Бауырдағы өт түтікшесіне тас байлану.*

**ГЕПАТИТ** [грек. hepar ] зат. мед. *Бауырдың қабынуына байланысты аурулардың ортақ атауы.*

**ГЕПАТОЛИТ** зат. мед. *Бауырдағы өт жолдарының тасы.*

**ГЕПАТОПТОЗ** зат. мед. *Бауырдың төмен түсіп кетуі, өз орнында орналаспауы.*

**ГЕПТА...** *Мағынасы «жеті» санына қатысты болатын күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ГЕПТАН** [лат. hertane] зат. хим. *Алифаттық көмірсулармен қаныққан түссіз сұйық органикалық қосылыс.*

**ГЕПТАХОРД** [грек. eptachordos] зат. муз. *Жеті ішекті әуен қатары; жеті ішекті кифара.*

**ГЕПТОД** зат. эл. *Жеті электродтан (анод, катод және бес торша) тұратын лампа.*

**ГЕРАЛЬДИКА** [лат. heraldus] зат. **1.** *Елтаңбаларды құрастыру, түсіндіру және зерттеу.* **2.** *Елтаңбаларды зерттейтін тарихи пән.*

**ГЕРБ** [нем. Erbe] зат. *Елтаңба (мемлекеттің, әулеттің, әкімшілік бөліністің т.б. дәстүрлі ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды әлеуметтік – тарихи тұрғыдан даралау мақсатында жасалатын айырымдық белгі, рәміз, таңба).*

**ГЕРБАРИЙ** [лат. herbarius] зат. **1.** *Зерттеу және оларды жүйелеу үшін арнайы кептірілген өсімдіктердің жиынтығы, коллекциясы.* **2.** *Кептірілген өсімдіктердің жинағын сақтайтын және оларға ғылыми өңдеу (оның ішінде антропогендік факторлардың әсерінен болатын флорадағы өзгерістерді зерттеу мақсатында) жүргізетін мекеме.*

**ГЕРБЕРА** [лат. herba – шөп] зат. бот. *Африка мен Азияда кең тараған көпжылдық шөптер тобы.*

**ГЕРБИЦИД** [лат. лат. herba – шөп, caedere – жою] зат. бот. *Өсімдіктер мен егістіктегі арам шөпке қарсы қолданылатын химиялық зат.*

**ГЕРИАТРИЯ** [грек. geron – қарт, iatreia – емдеу] зат. мед. *Қарт адамдарды емдеумен айналысатын медицинаның саласы.*

**ГЕРКУЛЕС**[1] [лат. Hercules] зат. **1.** миф. *Мифологиялық ежелгі грек кейіпкері, ғажайып күш иесі Герак атының латынша нұсқасы.* **2.** ауыс. *Алып күш иесі.*

**ГЕРКУЛЕС**[2] зат. тамақ. *Езіп, буға пісірілген сұлы жармасы.*

**ГЕРМАН** зат. *Неміс халқының жалпы атауы.*

**Герман тілдері.** *Үндіеуропа тілдері шоғырының құрамындағы туыстас тілдер тобы.*

**ГЕРМАНИЗМДЕР** зат. лингв. *Герман тілдерінен кірген сөздер немесе қандай да бір герман тілінің үлгісі бойынша жасалған сөйлеу орамдары.*

**ГЕРМАНИЙ** [лат. germanium] зат. хим. *Химиялық элемент, ақшыл-сұр металл түсті қатты зат.*

**ГЕРМАНИТ** зат. хим. *Күрделі сульфидтер тобының минералы.*

**ГЕРМАНТАНУ** зат. **1.** *Герман халықтарының тарихын, тілі мен әдебиетін, рухани мәдениетін зерттейтін ғылымдар жиынтығы.* **2.** *Герман тілдерінің пайда болу тарихы мен дамуын және оның диалектілері мен қазіргі жағдайын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ГЕРМАФРОДИТ** [грек. hermaphroditos] зат. **1.** биол. *Ер және әйел жынысты белгілері қатар кездесетін адам немесе жануар; қосжыныстылық.* **2.** миф. *Ежелгі грек мифологиясында Гермес пен Афродитаның ұлының тәнін құдайлар Салмакида нимфасының тәнімен қосып, ортақ бір тән (екі жынысты) жаратқан.* **3.** сөйл. ***Қызтеке.***

**ГЕРМЕНЕВТИКА** [грек. hermeneutike] зат. әдеб. *Ескі әдеби шығармалар (қолжазбалар, кітаптар, ескерткіштер) мәтінін талдап түсіндіру теориясы.*

**ГЕРМЕТИЗАЦИЯ** [грек. hermeneutike] зат. тех. *Цехтарда, шахталарда, т.б. өндіріс орындарында құрылысқа, адам өміріне қауіпті жарылғыш, жанғыш улы газдарды, шаң-тозаңды жібермеу, болғызбау.*

**ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛА=** ет. *Герметизациялық жағдайға келтіру, дыбыс естілмейтін немесе шаң-тозаң кірмейтіндей нығыздап бекіту, бітеу.*

**ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛАУ** *Герметизациясла етістігінің қимыл атауы.*

**ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛЫҚ** сын. *Герметизацияға тән.*

**ГЕРМЕТИК** зат. *Жапсыру, болтпен бекіту т.б. әдістер арқылы жалғанған материалдардың біріккен жерін тұмшалауға арналған, әртүрлі полимерлерден тұратын паста тәрізді тұтқыр масса.*

**ГЕРМЕТИКА** зат. тех. *Ауа кірмейтін, газ кірмейтін; саңлаусыз.*

**ГЕРМЕТИКАЛА=** ет. *Саңлау қалдырмай түгелдей бітеу.*

**ГЕРМЕТИКАЛАУ** *Герметикала етістігінің қимыл атауы.*

**ГЕРМЕТИКАЛЫҚ** сын. *Герметика қалпына сәйкес.*

**ГЕРМОШЛЕМ** зат. тех. *Улы газдан сақтану үшін бетті жаба киетін бас киім.*

**ГЕРОИН** [франц. heroine] зат. *Қызғалдақ апиынынан өндірілетін аса улы наркотик.*

**ГЕРОНТОКРАТИЯ** [грек. geron – қарт, kratos – билік] зат. тар. *Ақсақалдардың билік жүргізетін мемлекеттік басқару үрдісі.*

**ГЕРОНТОЛОГИЯ** [грек. geron – қарт, logos – ілім] зат. мед. *Жанды ағзалардың қартаю құбылысын зерттейтін және адам өмірін ұзарту мәселелерімен айналысатын ғылым.*

**ГЕРПЕС** [лат. herpes] зат. мед. ***Ұшық.***

**ГЕРПЕТОЛОГИЯ** [грек. herpetoon – бауырымен жорғалаушылар] зат. *Зоологияның бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділерді зерттейтін тарауы.*

**ГЕРЦ** зат. тех. *Электр тоғының бір секунд ішіндегі таза тербеліс қозғалысының жиілігі, тарауы.*

**ГЕРЦОГ** [нем. Herzog] зат. тар. *Ежелгі германдықтардағы жоғарғы әскер басы, кейін Батыс Еуропада жоғарғы дәрежелі ақсүйектік атақ.*

**ГЕССЕ: гессе көзшелері.** биол. *Қандауыршаның жүйке түтігінің қабырғасында орналасқан жарық сезгіш жасушалар жиынтығы.*

**ГЕСТАГЕНДЕР** [лат. gestatio –көтеріп жүру, genos – тек] зат. *Белсенділігі прогестерон сияқты табиғи немесе синтездік жолмен алынған гормондар тобы.*

**ГЕСТАПО** [нем. Gestapo] зат. тар. *Гитлерлік Германиядағы фашистік бағыттағы құпия полиция.*

**ГЕСТАПОШЫ** зат. *Гестапода қызмет етуші.*

**ГЕСТАЦИЯЛЫҚ** зат. мед. *Жүктілікке қатысты.*

**ГЕТЕРА** [грек. hetaira] зат. **1.** *Ежелгі Грецияда тұрмыс құрмаған, білімді, еркін өмір сүретін әйелдер.* **2.** *Жеңіл жүрісті әйел.*

**ГЕТЕРО...** [грек. heteros] *Әртекті, әртүрлі деген мағына беретін Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГЕТЕРОГАМИЯ** [грек, heteros – басқа, өзге, gamos – неке, қосылу] зат. биол. *Формасы мен көлемі әртүрлі гаметалардан ұрықтануы кезінде қосылатын жыныс процесінің типі.*

**ГЕТЕРОГЕНДІ** [грек. heterogenes] сын. *Әртекті.*

**Гетерогенді жүйе.** *Әртүрлі фазадан тұратын, жеке бөліктерінің физикалық немесе химиялық қасиеттерінің айырмашылықтары бар физикалық-химиялық жүйе.* **Гетерогенді реактор.** *Белсенді аумақтағы ядролық отыны (уран, плутоний), нейтрондар баяулатқышы және жылу тасығыш элементтері дискретті қабаттар түрінде орналасқан ядролық реактор.*

**ГЕТЕРОГЕНДІК** [грек. heterogenes, heteros – басқа, genes – тек] сын. ***Әртектілік.***

**Гетерогендік желі.** инф. <ағыл. geterogeneous computer network>. *Біртекті емес (әртүрлі типті) компьютерлер негізінде құрылған есептеу желісі; әртүрлі фирмалар жасаған компьютерлер мен құрылғылардан тұратын жергілікті есептеу торабы.*

**ГЕТЕРОГРАММА** [грек. heterogramma, heteros – басқа, өзге, gramma – сурет, әріп, таңба] зат. лингв. *Бір тілдегі сөздің басқа тіл мәтініндегі аудармасын оқуға арналған таңба немесе таңбалар тіркесімі.*

**ГЕТЕРОГРАФИЯ** [грек. heteros – басқа, өзге, grapho – жазамын] зат. лингв. *Бір тілде жазылатын сөздің бір бөлігін немесе тұтас сөйлемшелерін басқа тілге аударып оқығанда қолданылатын жазу тәсілі, яғни белгілі бір графикалық таңба әртүрлі сөзде әртүрлі дыбыстарды білдіретін жазу.*

**ГЕТЕРОДУПЛЕКС** [грек. heteros – басқа, лат. duplex – қосар] зат. биол. *Жіпшелері әртүрлі хромосомаларға жататын екі еселенген буданды тізбек; ДНК молекуласының рекомбинацияға түсетін бірінші кезеңіндегі буданды бөлік.*

**ГЕТЕРОЗИГОТА** [грек. heteros – басқа, zygote – қосақталған] зат. биол. *Генетикалық әртүрлі жыныс жасушаларын беретін дарақ.*

**ГЕТЕРОЗИС** [грек. heteroiosis] зат. биол. *Будандастыру нәтижесінде өсімдік және жан-жануарлар ұрпағының өміршеңдігін, өнімділігін, өсімталдығын арттыру тәсілі.*

**ГЕТЕРОЗИСТІК** сын. *Гетерозиске тән.*

**ГЕТЕРОКАРИОН** зат. мед. *Тектері әр түрлі ядролары бар жасуша.*

**ГЕТЕРОМАСТИЯ** зат. мед. *Әйел және еркек емшектеріндегі ауытқу.*

**ГЕТЕРОМОРФИЗМ** [грек. heteros басқа, morphe – түрпат] зат. *Химиялық құрамы бірдей (ұқсас) таужыныстардың түрліше жағдайда қалыптасу нәтижесінде минералдық құрамының әртүрлі болуы.*

**ГЕТЕРОМОРФОЗ** зат. мед. *Мүшенің немесе дене мүшелерінің қалыпты жеріне орналаспауы.*

**ГЕТЕРОНИМ** [грек. heteros – өзге, onyma – есім] зат. лингв. *Мағыналары бойынша тығыз байланысқан әрі табиғи жұп құрайтын әртүрлі түбірлерден жасалған сөздер.* Мыс., *ағақарындас, сиыр – бұқа, тауық – әтеш.*

**ГЕТЕРОПАГУС** зат. мед. *Ассиметриялы жабысып туған егіздер.*

**ГЕТЕРОПЛАЗИЯ** зат. мед. *Кез келген тіннің денеде өзіне тән емес жерге бітіп дамуы.*

**ГЕТЕРОСФЕРА** [грек. heteros – басқа, sphaira – шар] зат. физ. *Атмосфераның тоқсан-жүз км-ден жоғары қабаты.*

**ГЕТЕРОТИП** зат. мед. *Адамның өмір сүруіне байланысты өзгеретін морфологиялық, физиологиялық және психикалық қасиеттерінің жиынтығы.*

**ГЕТЕРОТОПИЯ** зат. мед. *Эмбриогенез кезінде тіннің не мүшенің әдеттегіден тыс жерге орналасып дамуы.*

**ГЕТЕРОТРАНСПЛАНТАЦИЯ** зат. мед. *Жануар мүшесін не тінін адамға қолдану.*

**ГЕТЕРОТРИХОЗ** зат. мед. *Денедегі шаштың (түтік) қалыптан тыс жерлерге*

*шығуы немесе жасы мен жынысына сәйкес келіп шықпауы.*

**ГЕТЕРОТРОФ** [грек. heteros – басқа, өзге, жат , trophe – қорек] зат. биол. *Дайын органикалық заттармен қоректенетін ағзалар.*

**ГЕТЕРОТРОФТЫ** сын. биол. *Гетеротрофқа бай.*

**Гетеротрофты ағзалар.** биол. *Негізінен дайын органикалық заттармен қоректенетін ағзалар.*

**ГЕТЕРОТРОФТЫЛЫҚ** зат. *Гетеротрофты болушылық.*

**ГЕТЕРОХРОНИЗМ** зат. мед. *Ұрықтың өсу, даму қарқынының өзгеруі, функциялық жүйелердің онтогенез барысында біркелкі жетілмеуі.*

**ГЕТЕРОЦЕЛЬДІ: гетероцельді омыртқалар.** анат. *Омыртқа денесі ұзын, алдыңғы, артқы жағынан құрылысы ер тәрізді күрделі омыртқалар.*

**ГЕТЕРОЦИКЛДІ: гетероциклді қосылыстар.** хим. *Цикліне гетероатом кіретін циклді қосылыстар.*

**ГЕТЕРОХРОМАТИН** [грек. heterochromatinum, heteros – басқа, chroma – хромосомалар заты] зат. биол. *Телофазада, интерфазада және профазаның алғашқы кезеңінде тығыз құрылымды хромосома аймағы немесе бүтін хромосома.*

**ГЕТИНАКС** зат. *Қағаз бен термореактивті шайырдан тұратын қабатты пластик.*

**ГЕТИТ** [ағыл. Goethite] зат. геол. *Гидроксидтер табына жататын минерал.*

**ГЕТР** [франц. guetres] зат. *Балтырға киетін жылы қоныш.*

**ГЕТТО** [итал. ghetto] зат. тар. *Орта ғасырда, қазірде капиталистік елдерде нәсілдікке жіктеуден шыққан еврей ұлтына арналған қаладағы ерекше квартал, тұрғын аймақ.*

**ГЕШТАЛЬТПСИХОЛОГИЯ** зат. псих. *Жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысындағы шетелдік психология мектептерінің бірі.*

**ГЁЗДЕР** зат. тар. *XVI ғ. екінші жартысындағы Испаниядан тәуелсіздік алу үшін күрсекен нидерландықтардың лақап аты.*

**ГИАДТАР** [грек. hydes] зат. астр. *Топырақ шоқжұлдызындағы шашыраңқы жұлдыз шоғыры.*

**ГИАЛИНДІ: гиалинді шеміршек ұлпасы.** биол. [лат. textus cartilagineus hyalinus, лат. textus – ұлпа, cartilago – шеміршек, грек, hyalinos – мөлдір] зат. биол. *Жасушааралық заты біртекті мөлдір ұлпа.*

**ГИАЛО** [грек. hyalos] зат. *Кейбір таужыныс атауларының алдыңғы жағына жалғанып, олардың шынытектес түзілім түзетіндігін көрсететін қосымша.*

**ГИАЛОКЛАСТАР** зат. геол. *Шынытектес таужыныс сынықшалары.*

**ГИАЛОКЛАСТИТ** зат. *Шар тұрқылас лаваларға тән шыны тәрізді сырт қабықшаның суасты жағдайында мүжіліп-шайылуы нәтижесінде түзілетін шыны тектес түйіршіктер.*

**ГИАЛОМЕЛАН** [грек. hyalomelane] зат. геол. *Қышқылдарда ермейтін, құрамы базальттарға сәйкес келетін қара түсті жанартау шынысы.*

**ГИАЛОПЛАЗМА** зат. геол. биол. *Клетка цитоплазмасының органеллары мен қосындыларынан басқа біркелкі қоймалжың заты; жасушаның ішкі ортасы.*

**ГИАЛУРОН: гиалурон қышқылы.** биол. *Адам және жоғарғы сатыдағы жануарлар ағзасында кездесетін полисахарид (мукополисахарид); тұтқырлығы күшті, желатин тәрізді зат.*

**ГИАЦИНТ** зат. [грек. hyakinthos] зат. **1.** биол. *Лала гүлдер тобына жататын, көпжылдық, пияз тұқымдас өсімдік түрі.* **2.** геол. *Минерал, цирконның бір түрі, қызыл сары түсті асылтас.*

**ГИББЕРЕЛЛИН** зат. хим. *Өсімдіктің өсуін тездететін заттар, гибберелла саңырауқұлағы тіршілігінің өнімі; химиялық тегі жағынан детерпеноидтерге жататын, биологиялық белсенді зат.*

**ГИББОН** [ағыл. gibbon] зат. зоол. *Адам тектес ұзынқол маймылдардың бір түрі.*

**ГИББС: гиббс энергиясы.** хим. *Энтропия мен энтальпияның абсолюттік температурадағы көбейтіндісі арасындағы айырым болып келетін термодинамикалық жүйенің күй функциясы.*

**ГИББСИТ** зат. геол. *Гидроксидтер табына жататын минерал.*

**ГИБЕРЕЛЛА** зат. биол. *Саңырауқұлақтың бір түрі.*

**ГИБЕРНАЦИЯ** зат. мед. *Организмдегі тіршілік үрдістерінің баяулауы.*

**ГИБРИД** [лат. hibrida] зат. биол. ***Будан*** *(жан-жануарлардың я өсімдіктің тұқымын асылдандыру мақсатында будандастыру арқылы алынған тұқым).*

**ГИБРИДИЗАЦИЯ**=ет. ***Будандастыру*** *(жан-жануардың, өсімдіктің екі түрін будандастыру, шағылыстыру).*

**ГИБРИДОЛОГИЯ** зат. биол. *Будандастыру жайындағы биология ғылымының бір саласы.*

**ГИБРИДОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Гибридология іліміне тән.*

**ГИБРИДОМА** зат. биол. *Қалыпты антидене шығаратын лимфоцит жасушалары мен ісік жасушаларының (миелома) қосылуы нәтижесінде түзілетін жасушалық линия.*

**ГИБРИДТЕ**= ет. ***Будандастыру.***

**ГИБРИДТЕУ** *Гибридте етістігінің қимыл атауы.*

**ГИБРИДТЕУШІ** зат. *Өсімдік я жан-жануарларды будандастырушы.*

**ГИБРИДТІ: гибридті көмірсутектер.** геол. *Молекуласы аренді және циклонды шығырлардың екеуін де кіріктіретін көмірсутектер.*

**ГИБРИДТІК** сын. *Гибридке жататын.*

**Гибридтік есептеуіш жүйе.** инф. <ағыл. the hybrid computing system> *Құрамында аналогті де, дәл сондай цифрлы да есептеуіш құрылғы пайдаланылатын есептеуіш жүйе.* **Гибридтік желі.** инф. *Топологиясы және қатынас құру әдістері аралас есептеу торабы.* **Гибридтік энергетика.** *Энергияның бір түрін оның екіншісін алуға немесе энергияның бір түрін бір уақытта, екінші түрін басқа уақытта өндіруге қолданылатын энергетикалық қондырғы.*

**ГИГАБАЙТ** [ағыл. gigabyte] зат. инф. *Компьютердің жад сыйымдылығын өлшеу бірлігі.*

**ГИГАНТ** [грек. gigantos] зат. **1.** *Өте үлкен, алып денелі адам.* **2.** ауыс. *Аса ірі, алып, зәулім.*

**ГИГАНТОМАСТИЯ** зат. мед. *Емшектің патологиялық үлкеюі.*

**ГИГАНТОПИТЕК** [грек. gigantos – алып, pithekos – маймыл] зат. зоол. *Ұзын, алып маймылдың бір түрі.*

**ГИГАНТТЫҚ** зат. **1.** физиол. *Адам бойының шамадан тыс өсіп кетуі.* **2.** *Асқан зәулім, зор, алыптық.*

**ГИГИЕНА** [грек. hygieinos] зат. мед. *Еңбек және тұрмыс жағдайларының адамның денсаулығына ықпалын, аурулардың алдын алу, тіршіліктің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау және өмірді ұзарту шараларын зерттейтін медицина саласы.*

**ГИГИЕНАЛЫҚ** сын. *Гигиенаға тән, тазалыққа қатысты.*

**Гигиеналық норма.** *Адамның өмір сүруінің қауіпсіз, үйлесімді жағдайына сай келетін, сандысапалы көрсеткіш.*

**ГИГРО...** [грек. hygros] *«Ылғал», «ылғалды», «дымқыл» мәнімен байланысты Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГИГРОМЕТР** [грек. hygros – ылғал, metron– өлшем] зат. физ. *Ауаның дымқылдығын өлшейтін аспап.*

**ГИГРОСКОП** [грек. hygros – ылғал, skopeo – бақылаймын] зат. физ. *Ауаның ылғалдығындағы өзгерісті көрсететін құрал.*

**ГИГРОСКОПИЯЛЫҚ** сын. ***Гигроскоптық.***

**Гигроскопиялық компас.** геогр. *Айналу осінің бағытын өзгертпейтін және оны белгілі бір жағдайда географиялық меридиан жазықтығында ұстап тұратын әрі өте жылдам айналатын гигроскоп роторының қасиетіне негізделген түсбағдар.* **Гигроскопиялық су**. физ. *Топырақ бетінің бөлшектерімен молекулалық күш арқылы берік байланысқан су.* **Гигроскопиялық ылғал.** физ. *Заттардың бетіне молекулалық тарту күштерімен ауадағы су буынан жиналған ылғал.*

**ГИГРОСКОПТЫ** сын. *Дымқылды, ылғалды оңай, тез тартып алғыш зат.*

**Гигроскопты мақта.** хим. *Ылғал тартқыштық қабілеті бар мақта.*

**ГИГРОСКОПТЫҚ** зат. *Әртүрлі заттардың ауадағы су буын сіңіру қасиеті.*

**ГИГРОФИЛДЕР** [грек. hygros – ылғал, phileo – сүйемін] зат. *Ылғалдылығы жоғары ортада тіршілік етуге бейімделген жерүсті өсімдіктері мен жануарлар.*

**ГИГРОФИТТЕР** [грек. hygros – ылғал, phyton – өсімдік] зат. өс. *Ылғалы тым жоғары ортада тіршілік етуге бейім өсімдіктер.*

**ГИД**[1] [франц. guide] зат. *Басқа бір елден келген туристерге сол елдің мәдениеті, өнері, тарихы жайлы түсінік беретін жетекші адам.*

**ГИД**[2] зат. астр. *Аспан денелерін зерттеуге, бақылауға арналған үлкен телескопқа орнатылған қосалқы көз дүрбісі.*

**ГИДАТОД** [грек. hydatos– су, hodos – жол] зат. бот. *Өсімдік денесінен су шығарып тұруға икемделген жасушалар тобы.*

**ГИДАТОФИТТЕР** [грек. hydatos – су, phyton – өсімдік] зат. бот. *Суға түгелдей не көп бөлігі батып, тамыры грунтқа бекіп өсетін (түңгиық) не бекімей өсетін (балықот, балдыршөп) өсімдіктер.*

**ГИДЖАК** зат. муз. *Түрікмен халқының қобыз тәрізді ішекті музыкалық аспабы.*

**ГИДРА** [лат. hydra oligactis] зат. зоол. *Ішекқуыстылар типінің гидрозоа класының бір түрі; тұщы судың түбіндегі субстраттарға жабысып тұрып тіршілік ететін жәндік, құрт.*

**ГИДРАВЛИКА** [грек. hydraulikos] зат. физ. *Сұйықтың қозғалысы мен тепе-теңдік заңдарын және ол заңдарды инженерлік мәселелерге қолдану тәсілдерін зерттейтін ғылым.*

**ГИДРАВЛИКАЛЫҚ** сын. *Гидравликаға тән, қатысты.*

**Гидравликалық байланыс.** сушар. *Жерасты суы мен жербеті суының гидравликалық байланысы, топырақ қабатындағы су мен артезиан суының және жер бетінің суларының су алмасу процестерінің әрекеттестігі.* **Гидравликалық беріліс.** тех. *Механикалық энергияны және қозғалысты сұйықтық арқылы жетекші біліктен жетектелуші білікке жеткізетін құрылғы.* **Гидравликалық дүмпу.** сушар. *Ағын жылдамдығының күрт өзгеруі салдарынан құбырдағы сұйықтық қысымының тез*

*өзгеруі.* **Гидравликалық жетек.** т е х. *Гидросорғы беретін сұйықтықтың қысымы арқылы жұмыс мәшинесін әрекет етуге келтіретін құрылғы.* **Гидравликалық кедергі.** ф и з. *Сұйықтықтардың құбырмен, каналмен ағуы кезінде олардың тұтқырлығы әсерінен туындайтын кедергі.* **Гидравликалық қоспалар**. г е о л. *Байланыстырушы материалға (цементке) оның су астында қатаю қабілетін күшейтетін қоспалар ретінде пайдаланылатын ұнтақ тәрізді заттар.* **Гидравликалық мәшинелер.** т е х. *Механикалық энергияны қабылдау және қайтару немесе түрлендіру үшін қолданылатын мәшинелер.* **Гидравликалық сұрыптау.** г е о л. *Қозғалмалы бөлшегі жоқ сұрыптағыштарда минерал түйіршіктердің тығыздықтарына қарай жоғары бағытталған су ағыны күшімен ірілік таптарға бөлу.* **Гидравликалық таран.** с у ш а р. *Іс-әрекеті құбырдағы гидравликалық дүмпу құбылысын тиімді пайдалануға негізделген сукөтергіш.* **Гидравликалық турбина**. т е х. *Судың потенциалдық және кинетикалық энергиясын электр энергиясына айналдыратын арнайы құрылғы.* **Гидравликалық экскаватор.** т е х. *Гидрожетектермен жабдықталған қазғыш-тиеуіш мәшине.*

**ГИДРАДЕНИТ** з а т. м е д. *Тері бездерінің іріңдеп ауруы.*

**ГИДРАДТЫҚ: гидрадтық изомерия.** х и м. *Кешенді қосылыстардың ішкі және сыртқы сфераларының арасында су молекулаларының әртүрлі орналасуынан туатын кешенді қосылыстар изомериясы.*

**ГИДРАЗИН** з а т. х и м. *Сутек пен азот қоспасы.*

**ГИДРАНТ**[1] [грек. hydor] з а т. *Суаруға, өрт сөндіруге, көшелерде шашуға керекті су алуға болатын, су құбырларының бойымен орнатылған су алу бағаншалары немесе крандары.*

**ГИДРАНТ**[2] з а т. б и о л. *Теңіз гидроидті полиптердің ұрпақ алмасуы (метагенез) жолымен даму барысында дарақтың денесінде дамыған бүршіктер.*

**ГИДРАРГИЛЛИТ** [грек. hydor – су, argillos – ақ саз] з а т. х и м. *Оксидтер табындағы минерал, алюминий гидроксиді.*

**ГИДРАТАЦИЯ** з а т. х и м. ***Гидраттану.*** *Судың түрлі заттарға қосылуы.*

**ГИДРАТЕКТЕСТЕР** з а т. з о о л. *Ішекқуыстылардың бір табы.*

**ГИДРАТТАНУ** е т. х и м. *Молекулалардың, атомдардың, иондардың, электрондардың сумен оның молекуласын бұзбай, физикалық-химиялық әрекеттесуі; судың еріген немесе бос күйіндегі заттарға қосылуы.*

**Гидраттану энергиясы.** х и м. *Суда еріген зат молекуласының немесе ионының сумен әрекеттесуі нәтижесінде бөлінетін энергия.*

**ГИДРАТТАР** з а т. г е о л. *Сусыз минералдардың өз құрамына су қосып алып (гидратация), гидраттарға – сулы минералдарға айналуы.*

**ГИДРАТТЫ: гидратты газ.** г е о л. *Табиғи газды гидраттардың қойнауқаттық жағдайдан атмосфералық жағдайға ауысуы барысында сол гидраттар есебінен қалыптасатын газ.*

**ГИДРО...** [грек. hydor] *Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің су, суат және осы тәрізді ұғымдарға қатысын көрсететін бастапқы бөлігі.*

**ГИДРОАВИАЦИЯ** з а т. ә с к. *Гидроұшақтармен қаруланған теңіз авиациясының бөлімдері мен бөлімшелері.*

**ГИДРОАВТОМАТ** [грек. hydor – су, automates – өздігінен жүретін] з а т. *Автоматты әрекетті гидравликалық құрылғы.* **1.** *Гидротехникалық ғимараттарда, шахталарда су арынын пайдалана отырып автоматты түрде су көтеруге арналған;* **2.** *Қозғалтқыштарда – жану камерасына түсетін отынды мөлшерлеу үшін қолданылады.*

**ГИДРОАГРЕГАТ** [грек. hydor – су, aggrego – жалғаймын, қосамын] з а т. т е х. *Бір агрегат болып біріктірілген гидротурбина мен гидрогенератор.*

**ГИДРОАЙЫРҒЫШ** з а т. т е х. <лат. hydor – су, seperator – айырғыш> *Судың үнемді ағыншасын пайдалы қазбаларды (кен, таскөмір) байытуға қолданылатын аппарат.*

**ГИДРОАКУСТИКА** [грек. hydor – су, akustikos – есту] з а т. ф и з. *Дыбыс толқындарының суда таралуын және оларды су астындағы локация, байланыс мәселелеріне пайдалануды зерттейтін акустиканың бір саласы.*

**ГИДРОАКУСТИКАЛЫҚ** с ы н. *Гидроакустикаға қатысты.*

**Гидроакустикалық барлау.** ә с к. *Кеме, торпеда және басқа да осыларға сәйкес нысаналармен шағылыстырылған немесе сәулеленген акустикалық ауытқуларды талдау, тіркеу және қабылдау жолында гидроакустикалық құралдар көмегімен қарсылас туралы мәліметтер табу, радиоэлектронды барлаудың құрамды бөлігі.* **Гидроакустикалық бүркеніш.** ә с к. *Сүңгуір қайықтар мен су үсті кемелерінің жүйелері мен механизмдерінің діріл акустикалық сипаттама деңгейін төмендетуге арналған шаралар кешені.* **Гидроакустикалық стансы.** ә с к. *Теңіз нысаналарын (объектілерін) іздеуге, табуға және саралауға, оларға дейінгі қашықтық пен бағытты анықтауға, атысты басқару, кемелер арасындағы байланыс аспаптарына қажет мәліметтер беруге, қарсыластың гидроакустикалық құралдарына қарсы тұруға және жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған акустикалық электрлік және электрондық аспаптар кешені.*

**ГИДРОАНЭНЦЕФАЛИЯ** з а т. м е д. *Мидың ортасындағы қуысқа судың көп жиналуы.*

**ГИДРОАЭРОДРОМ** [грек. hydor – су, aer – ауа, dromos – жүгіру орны] з а т. т е х. *Гидроұшақтардың ұшуы мен қонуына арналған су айдынының телімі.*

**ГИДРОАЭРОМЕХАНИКА** з а т. *Механиканың сұйықтықтың, газ тәрізді ортаның қозғалысын және олармен жанасқан қатты денелермен өзара әсерлесуін зерттейтін бөлімі.*

**ГИДРОБАРЛАУШЫ** з а т. *Жер астындағы және жер бетіндегі суды зерттеуішілер.*

**ГИДРОБИОЛОГИЯ** [грек. hydor – су, bios – тіршілік, logos – ғылым] з а т. б и о л. *Суда тіршілік ететін ағзаларды (гидробионаттар), олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын, тіршілік әрекеттерін, сулы экожүйелерді және олардың биологиялық өнімділігін зерттейтін кешенді ғылым саласы.*

**ГИДРОБИОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Гидробиологияға қатысты.*

**ГИДРОБИОНАТТАР** [грек. hydor – су, biontos – тіршілік етуші] з а т. *Су ортасында тіршілік ететін ағзалар.*

**ГИДРОБИОС** з а т. *Сулы ортада тіршілік ететін ағзалар жиынтығы.*

**ГИДРОБИОСФЕРА** [грек. hydor – су, bios – тіршілік, sphaira – шар] з а т. *Биосфераның гидросфера шетіндегі бөлігі.*

**ГИДРОБОРАЦИТ** з а т. г е о л. *Бораттар табына жататын минерал.*

**ГИДРОГЕМАТИТ** [грек. hydor – су, haima – қан] з а т. г е о л. *Минерал, құрамында 8 пайызға дейін суы бар гематиттің майда кристалды түрі.*

**ГИДРОГЕНДЕУ** [лат. hudrogenium] е т. х и м. *Сутектің жай немесе күрделі химиялық қосылыстарға бірігуі.*

**ГИДРОГЕНЕЗ** [грек. hydor – су, genesis – шығу тек] з а т. х и м. *Су сіңуі салдарынан тау жыныстарының геохимиялық күрделі процестерге ұшырауы және осы процестердің нәтижесінде минералдардың, олардың ішінде кентастық агрегаттардың түзілуі.*

**ГИДРОГЕНЕРАТОР** [грек. hydor – су, лат. generator – өндіруші] з а т. т е х. *Гидравликалық турбина көмегімен айналатын синхронды генератор.*

**ГИДРОГЕНИЗДЕУ=** е т. *Сұйық өсімдік майларын тоң майға айналдыру.*

**ГИДРОГЕОДИНАМИКА** [грек. hydor – су, ge – жер, dynamikos – күшті] з а т. г е о л. *Жер қыртысын құрайтын таужыныстардағы жерасты суларының табиғи және техногендік факторлардың әсерімен қозғалуын сандық жағынан зерттейтін гидрогеология ғылымының бір саласы.*

**ГИДРОГЕОДИНАМИКАЛЫҚ: Гидрогеодинамикалық белдемдік.** г е о л. *Жерасты суларының алабында судың қозғалысы мен суалмасу қарқындылығы бірдей болмауынан туындайтын белдемдердің көрініс беруі.*

**ГИДРОГЕОДИНАМИКАЛЫҚ** с ы н. *Гидрогеодинамикаға байланысты.*

**Гидрогеодинамикалық карта.** г е о л. *Сулы қойнауқаттардың (горизонттардың, кешендердің) таралу ауқымындағы келтірілген арындардың өзгерісері, қоректену және шығындану алқаптарының өзіндік орны, жерасты ағыстарының бағыттары, мұнай және газ жатындарының щектемелері изосызықтар көмегімен көрсетілетін арнаулы карта.* **Гидрогеодинамикалық қалыпсыздық.** г е о л. *Белгілі бір мұнайлы-газды-сулы қойнауқатқа, горизонтқа, кешенге тиесілі гидродинамикалық көрсеткіштердің (қозғалыс жылдамдығы, арын, қойнауқаттық қысым) орташа мөлшерімен салыстырғанда осы көрсеткіштердің біреуінің өте анық ерекшеленуімен сипатталатын гидрогеологиялық қалыптан ауытқу.*

**ГИДРОГЕОЛОГ** з а т. *Гидрогеология маманы.*

**ГИДРОГЕОЛОГИЯ** [грек. hydor – су, geo – жер, logos – ілім] з а т. г е о л. *Жер асты суының пайда болуын, таралуын, алмасуын, оның қасиеттері мен химиялық құрамын және жер бетіне шығу жолдарын, төңірегімен байланысын, әсерін зерттейтін ғылым; жалпы геологияның бір тарауы.*

**ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Гидрогеологияға тән, қатысты.*

**Гидрогеологиялық алап.** г е о л. *Жер асты суларының қалыптасуы мен ресурстары (қорлары) таралуының бірлігі негізінде әртүрлі және әр ретті геологиялық-құрылымдық шегаралардың жер бетіндегі орны мен жер асты су ағындарының гидродинамикалық шегаралары (су айрықтары) бойынша белгіленген жер асты гидросфераның құрамдас бөлігі.* **Гидрогеологиялық бекет.** с у ш а р. *Жерасты сулары деңгейінің, минералдылығының, температурасының өзгеруіне бақылау жүргізу және олардың балансын зерттеу үшін арнайы аспаптармен жабдықталған тұрақты орын.* **Гидрогеологиялық жүйе.** г е о л. *Бірбірімен қатты біріккен гидрогеологиялық элементтердің (әртүрлі дәрежеде жер асты суларымен қаныққан геологиялық денелердің) жиынтығы.* **Гидрогеологиялық карта.** г е о л. *Белгілі аймақтың жер асты суының таралу алабын, оның сапасын бейнелейтін карта.* **Гидрогеологиялық қима.** к е н. *Гидрогеологиялық құрылымның тік қимасындағы сулы және су*

*өтпес таужыныстар, жерасты суларының минералдылығы мен химиялық құрамы, грунт және артезиан суларының деңгейі және басқа да гидрогеологиялық деректерді көрсететін сызба.* **Гидрогеологиялық массив.** геол. *Көбінесе жарықшақты, жарықшақты-желілі жер асты сулары таралған қатпарлы таулы аймақ.* **Гидрогеологиялық объектілер.** геол. *Бірегей және сирек кездесетін қасиеттерімен ерекшеленетін жерасты сулары мен олардың жер бетіне шығатын орындары.* **Гидрогеологиялық цикл.** *Жерасты суларының қалыптасу барысындағы теңіз трансгрессиясынан басталып, одан кейінгі регрессиясының аяғына дейін созылған уақыт аралығы.*

**ГИДРОГЕОТЕРМИКАЛЫҚ: гидрогеотермикалық белдемділік.** геол. *Жерасты суларының алабының аумағында суларының температурасы түрліше болуымен ерекшеленетін белдемдердің болуы.*

**ГИДРОГЕОМЕТРИЯ** [грек. hydor – су, ge – жер, metron – өлшем] зат. геол. *Тереңде жатқан сулы қабаттардағы жылы, ыстық сулардың пайда болу, таралу және алмасу жағдайларын зерттейтін гидрогеология ғылымының негізгі салаларының бірі.*

**ГИДРОГЕОХИМИЯ** зат. геол. *Жер асты суларының химиялық құрамы және оны зерттеу тәсілдері жайындағы ғылым.*

**ГИДРОГЕОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Гидрогеохимияға қатысты.*

**ГИДРОГРАФ**[1] зат. *Белгілі бір аудан, аймақ, құрлықтың су байлығын зерттеп шығарушы маман, ғалым.*

**ГИДРОГРАФ**[2] [грек. hydor – су, ge – жер, grapho – жазамын] зат. *Өзендегі су өтімінің белгілі бір жыл немесе маусым ішінде өзгеруін көрсететін қисық сызық (график).*

**ГИДРОГРАФИКАЛЫҚ** сын. *Гидрографикаға тән, қатысты.*

**Гидрографикалық атырап.** геогр. *Құрлықтың белгілі бір аумағы ішіндегі ағын және тұйық сулар (өзен, көл, батпақ, бөген, тоған) жиынтығы.* **Гидрографикалық барлау.** әск. *Теңіз (мұхит) әскери қимылдардың белгілі бір аудандарының навигациялық-гидрографикалық және гидрологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер табу.* **Гидрографиялық желі.** *Қандай да бір аумақ шегіндегі ағын су мен су қоймаларының жиынтығы.* **Гидрографиялық тор.** *Белгілі бір аумақтағы өзендердің, көлдердің, батпақтардың, арналар мен су қоймаларының жиынтығы.* **Гидрографиялық факторлар.** *Тірі ағзалар (гидробионттар) тіршілік ететін судың физикалық және химиялық қасиеттері.*

**ГИДРОГРАФИЯ** зат. геол. *Жергілікті жердің жалпы сипаттамасын (теңіз, көл, су қоймасы, тоғандар, өзендер, бұлақтар, каналдар, құдықтар), сондай-ақ гидротехникалық құрылыстарды зерттейтін және картада бейнелейтін гидрология мен мұхиттану ғылымдарының бөлімі.*

**ГИДРОДИНАМИКА** [грек. hydor – су, dynamikos – күш] зат. тех. *Сығылмайтын сұйықтардың сырт күш әсерінен қозғалу заңдылықтарын, қозғалып келе жатқан сұйықтардың және олармен тоқайласқан өзге денелердің бір-біріне тигізер ықпалын зерттейтін ғылым, гидромеханиканың бір бөлігі.*

**ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ** сын. *Гидродинамикаға қатысты.*

**Гидродинамикалық аномалия.** *Жерасты суларының таралу аумағының, олардың қандай болса да көрсеткіштерінің берілген сулы көкпелекке, кешенге және т.б. тән фондық көрсеткіштерінен айырмашылығы болатын бөлікшесі (телімі).* **Гидродинамикалық беріліс.** геол. *Қозғалтқыштан берілетін айналдыру сәтін немесе мәшине-құрал білігінің айналыс жиілігін сатысыз өзгертуге арналған құрылғы.* **Гидродинамикалық қысым.** сушар. *Ағып келе жатқан жерасты суының таужыныстардың ұсақ бөлшектеріне түсіретін қысымы.* **Гидродинамикалық тор.** сушар. *Жерасты суларының ағыны бойымен жүргізілетін сызықтар мен оларға перпендикуляр ағын күші бірдей нүктелерді қосатын сызықтардың жиынтығы.* **Гидродинамикалық тосқауыл.** геол. *Таужыныс қабатының оның өрлеуі бойынша мұнай немесе газдың қозғалуына кедергі жасайтын жерасты суының төмен қарай бағытталған сүзіліп ағу градиентінің көтеріңкі мөлшерімен сипатталатын аймағы.*

**ГИДРОДОМКРАТ** зат. тех. *Кен мәшинелерін және басқа да жабдықтарды гидравликалы піспектің көмегімен жылжытуға және көтеруге арналған құрылғы.*

**ГИДРОЖЕТЕК** зат. тех. *Қуатты қысымды сұйықтың (минерал майы) көмегімен жұмыс мәшинелерін жүргізуге арналған құрылғы.*

**ГИДРОИДТАР** [лат. hydroidea] зат. зоол. *Ішекқуыстылар типінің гидрозалар табына жататын су жәндіктері.*

**ГИДРОИЗОБАТТАР** [грек. hydor – су, ge – жер, isos – тең, бірдей, ұқсас, bathos – тереңдік] зат. *Планда, картада грунт суларының жер бетінен бірдей тереңдікте жатқан нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ГИДРОИЗОГИПС** зат. *Арынсыз грунт суларының бірдей биіктігі деңгейін көрсететін сызық.*

**ГИДРОИЗОПЪЕЗДЕР** [грек. hydor – су, isos – тең, piezo – қысым] зат. *Карта бетінде тереңде жатқан жерасты суларының біркелкі арындық деңгейін көрсететін сызықтар.*

**ГИДРОИЗОТЕРМДЕР** [грек. hydor – су, isos – тең, therme – жылу, қызу] зат. *Қимада немесе картада жерасты суларының температурасы бірдей нүктелерді қосатын сызықтары.*

**ГИДРОИНДИКАТОР** [грек. hydor – су, indicator – көрсеткіш] зат. *Грунт суларының жату тереңдігі мен минералдық дәрежесінің көрсеткіші ретінде пайдаланылатын кейбір өсімдіктердің тобы немесе түрі.*

**ГИДРОКАРБОНАТТАР** зат. хим. *Көмірқышқылының қышқыл тұздары.*

**ГИДРОКОРТИЗОН** зат. мед. *Бүйрек безінің қыртыс қабатының шоғырлы бөлімінен шығатын гормон.*

**ГИДРОКӨТЕРГІШ** зат. тех. *Су арқылы күш алатын жылжымалы көтергіш.*

**ГИДРОКСИЛ** зат. хим. *Су қалдығы, бір валентті радикал, атомдар тобы.*

**ГИДРОКСИЛАЗАЛАР** зат. биол. *Оксидоредуктаза табының ферменті.*

**ГИДРОЛАККОЛИТТЕР** [грек. hydor – су, lakkos – шұңқыр, lithos – тас] зат. *Көпжылдық тоңданған аймақтарда жерасты суы қатқан кезде оның көлемінің ұлғаюынан пайда болатын мұз өзегі бар төбешіктер.*

**ГИДРОҚАҚПАҚ** зат. тех. **1.** *Оқыс лақтырындыларды болдырмау, газбөлінісін басқару, массивті босаңсыту және оның шаңдануын азайту мақсаттарында массивте су айдау барысында қолданылатын ұңғыманы немесе шпурды жабуға арналған құрылғы.* **2.** *Көмірді гидравликалық жарылыс жасап уату үшін су айдау кезінде ұңғыма сағасын жабуға арналған құрылғы.*

**ГИДРОЛАЗАЛАР** зат. хим. *Гидролиз реакциясын катализдейтін, яғни күрделі органикалық затты су арқылы жай органикалық затқа айналдыратын (ыдыратын) ферменттер.*

**ГИДРОЛИЗ** [грек. hydor – су, lysis – айыру] зат. хим. **1.** *Су мен түрлі заттар арасындағы иондық алмасу реакциясы.* **2.** *Кейбір химиялық қосындылардың молекуласының әсерінен төмен молекула түзілімдер жиынтығына ыдырау қабілеті.*

**ГИДРОЛИЗДЕ=** ет. *Гидролиз жасау, ажырату.*

**ГИДРОЛИЗДЕН=** ет. *Гидролиз әсеріне ұшырау.*

**ГИДРОЛИЗДЕНУ** *Гидролизден етістігінің қимыл атауы.*

**ГИДРОЛИЗДЕУ** *Гидролизде етістігінің қимыл атауы.*

**ГИДРОЛИЗДІК** сын. *Гидролизге тән, гидролизден пайда болған.*

**ГИДРОЛОГИЯ** [грек. hydor – су, logos – ілім, ғылым] зат. геогр. *Табиғи суларды, олардағы құбылыстар мен процестерді, олардың даму заңдылықтарын атмосферамен, литосферамен және биосферамен байланысын зерттейтін география ғылымының бір саласы.*

**ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. геогр. *Гидрологияға тән, қатысты.*

**Гидрологиялық ақпарат.** *Өзеннің, көлдің, суқойманың ағымдағы және болашақтағы гидрологиялық режімі мен құбылысы туралы мәліметтер жинағы.* **Гидрологиялық аудандау.** геогр. сушар. *Елдің аумағын немесе белгілі бір аймақты жер үсті және жерасты суларының гидрологиялық режімі біртекті болып келетін жеке үлескілерге (аудандарға) бөлу.* **Гидрологиялық болжам.** геогр. *Күтілетін гидрологиялық жүргінің ғылыми негізделген алдын ала болжамы.* **Гидрологиялық болжам әдістері.** геогр. *Өзендегі, көлдегі, бөгендегі нақты пункттегі немесе телімдегі гидрологиялық жүргінің өту уақытын немесе шамасын түрлі дәрежеде жуықтата және алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін есептеу амалдары.* **Гидрологиялық бөгет.** геогр. сушар. *Жүйелі гидрологиялық байқаулар жүргізу мақсатында құрал-саймандармен жабдықталған су объектісіндегі (өзен, көл, бөген, канал, батпақ) орын (мекен).* **Гидрологиялық есептеу әдістері.** сушар. *Гидрологиялық жүргінің түрлі сипаттамаларының шамасын, әдетте, олардың көріну ықтималдылығын бағалай отырып есептеп табуға мүмкіндік беретін техникалық амалдар.* **Гидрологиялық есептеулер.** сушар. *Гидротехника, мелиорация, жол құрылысы және басқа да салалардың қажеттері үшін гидрологиялық жүргінің түрлі сипаттамаларының мөлшерін есептеуге мүмкіндік беретін, инженерлік гидрологияның негізгі мазмұнын анықтайтын әдістер мен тәсілдер.* **Гидрологиялық желі.** сушар. *Су объектілерінің гидрологиялық жүргісін зерттеу үшін белгілі бір аумақта орналастырылған гидрологиялық стансылар мен бекеттер жиынтығы.* **Гидрологиялық карталар.** сушар. *Құрлықтағы жер беті суларының таралуын, динамикасын, құрамы мен қасиеттерін сипаттайтын карталар.* **Гидрологиялық стансы.** сушар. *Су объектілері мен аумақтардың гидрологиялық жүргісін байқап отыратын және зерттейтін мекемесі.*

**ГИДРОЛОКАЦИЯ** [грек. hydor – су, лат. locatio – орналасу] зат. тех. *Су астындағы объектілердің тұрған орнын және қашықтығын дыбыс арқылы дәл анықтайтын тәсіл, әдіс.*

**ГИДРОЛОКАЦИЯЛЫҚ** сын. *Гидролокацияға тән, қатысты.*

**Гидролокациялық стансы.** әск. *Теңіздегі объектінің орналасқан орнын (бағыты мен*

*қашықтығын) дыбыс сигналының бару, қайту уақыты (жаңғырық) арқылы анықтауға арналған құралдар мен механизмдер кешені.*

**ГИДРОМЕЛИОРАЦИЯ** зат. ауылшар. *Ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлердің топырақ қыртыстарындағы су режимін реттеу арқылы табиғат жағдайларын жақсарту мақсатында жүргізілетін шаралар мен имараттар жиынтығы.*

**ГИДРОМЕТАЛЛУРГИЯ** [грек. hydor – су, metallurgeo – кен өндіремін, металл өңдеймін] зат. хим. *Кеннен яки басқа өндіріс қалдықтарынан химиялық реагенттердің судағы ертіндісімен металл өндіру.*

**ГИДРОМЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ** сын. *Гидрометаллургияға тән.*

**ГИДРОМЕТЕОРЛАР** [грек. hydor – су, грек. meteoros – ауада ұшып жүретін] зат. *Ауадан бөлінетін заттар мен жер бетіне қонатын сұйық және қатты күйдегі атмосфералық жауын-шашын (шық, қырау, қылау және т.б.).*

**ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ** зат. *Атмосферадағы су айналымын зерттейтін ғылым.*

**ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Гидрометеорологияға тән.*

**Гидрометеорологиялық жағдай.** әск. *Әскери-теңіз флоты күштері мен әскерлерінің түрлерін қолдануға әсер ететін және белгілі бір жағдайлар туғызатын, белгілі бір аудандағы теңіз жағдайы мен ауа райы элементтерінің жиынтығы.* **Гидрометеорологиялық құралдар.** *Жерде болып жатқан физикалық процестер мен құбылыстарды бағалау мақсатында жердің атмосферасы және гидросферасының параметрлері мен сипаттамасын анықтауға арналған аспаптар және құрылғылар.* **Гидрометеорологиялық қызмет.** *Көп мемлекеттердің қарулы күштеріндегі арнайы қызмет.* **Гидрометеорологиялық орталық.** *Халық шаруашылығының барлық салаларын метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық болжамдармен қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік мекеме.* **Гидрометеорологиялық торап.** *Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік комитет жүйесіне енетін барлық обсерваториялардың, бекеттердің, бақылау пункттері мен тұрақтың жиынтығы.*

**ГИДРОМЕТРА** зат. мед. *Жатыр қуысына су жиналу.*

**ГИДРОМЕТРИЯ** [грек. hydor – су, metron – өлшеймін] зат. хим. *Гидрологияның бір саласы; кең мағынада – су объектілерінің жүрісін (ағыстың жылдамдығын өлшеу, су деңгейі, тереңдігі, т.б.) байқау әдістерін, ондағы қолданылатын құрал-жабдықтар, сонымен бірге байқау нәтижелерін өңдеу әдістерін зерттейтін гидрологияның бір саласы.*

**ГИДРОМЕТРИЯЛЫҚ** сын. сушар. *Гидрометрияға қатысты.*

**Гидрометриялық желі.** сушар. *Гидрометриялық сипаттамаларды өлшеуге арналған құралдармен жабдықталған стансылар мен бекеттер желісі.* **Гидрометриялық зырылдауық.** сушар. *Өзендердегі, каналдардағы және құбыр желілеріндегі судың ағыс жылдамдығын өлшеуге және анықтауға арналған құрал.* **Гидрометриялық науа.** *Су шығынын өлшейтін, өзен бойымен су ағынының дәл ортасынан салынатын ашық науа.* **Гидрометриялық тұстама.** сушар. *Су объектісіндегі (өзен, канал) ағыс жылдамдығын, су шығынын анықтау және басқа да гидрометриялық байқаулар үшін жабдықталған көлденең қима.*

**ГИДРОМЕТРЛІК: гидрометрлік зырылдауық.** <грек. hydor – су, metron – өлшем> ***Гидрометриялық зырылдауық.***

**Гидрометрлік суағар.** сушар. <грек. hydor – су, metron – өлшем> *Ағын судың өтімін (шығынын) өлшеу үшін, оның ағыс жолына көлденең қойылатын, бір шетінде түрлі пішінді ойығы бар (тік бұрышты, үш бұрышты, трапециялық, параболалық, радиалды) жаңа қабырғалы құрылғы (тосқауыл).*

**ГИДРОМЕХАНИКА** зат. физ. *Сұйықтардың тепе-теңдік және қозғалыс заңдылықтарын, олардың өздері шайып жатқан қатты денелермен өзара байланысын зерттейтін ғылым саласы, механиканың бір тарауы.*

**ГИДРОМЕХАНИКАЛАНДЫРУ=** ет. *Жер қазу, кен өндіру жұмыстарын судың ағын күшімен атқаратын әдіс.*

**ГИДРОМОНИТОР** [грек. hydor – су, ағыл. monitor – су атқылау] зат. гидрол. *Грунттарды, таужыныстарды және т.б. материалдарды жуып-шаю және ұсату мақсатында су ағыншаларын түзу және олардың ұшуын басқаруға арналған құрылғы.*

**ГИДРОМУСКОВИТ** зат. мин. *Силкаттар класы, қабатты типінің гидрослюдалар тобына жататын минерал.*

**ГИДРОМУФТА** [грек. hudor – су, нем. Muffe – байланыстырушы құрылғы] зат. тех. *Айналмалы қозғалыс беруге арналған гидровликалық құрылғы.*

**ГИДРОНАСОС** зат. тех. *Су бүріккіш; су ағызатын аспап.*

**ГИДРОНИМ** зат. лингв. *Топонимнің бір түрі, кез келген су объектісін білдіретін жалқы есім.*

**ГИДРОНИМДІК** сын. лингв. *Гидронимге қатысты.*

**ГИДРООҚШАУЛАҒЫШ** зат. сәулет. *Табиғи ылғалдылықтың әсерінен құрылыс құрылымын қорғау.*

**ГИДРОӨТКІЗГІШТІК** зат. геол. *Бұрғылау ұңғымасы тесіп өткен қойнауқаттың сүзбелену қабілетін және өнімділігін сипаттайтын кешенді параметр – абсолюттік өтімділік пен қойнауқаттың тиімді қалыңдығы көбейтіндісінің қойнауқаттық сұйық тұтқырлығына қатынасы.*

**ГИДРОПЕДОЛОГИЯ** зат. геол. *Топырақ суының қозғалысы мен қасиеттерін топырақ ортасының құрылысымен және құрылымымен байланысты зерттейтін ғылыми сала.*

**ГИДРОПОНИКА** [грек. hydor – су, ponos – жұмыс] зат. биол. *Көкөніс, жидек, әсемдік өсімдіктерді топырақсыз, минералды элементтер тұздарының судағы ерітіндісіне өсіру тәсілі.*

**ГИДРОПУЛЬТ** [грек. hydor – су, лат. (cata) pulta – атқыш құрылғы, аспап] зат. тех. *Су бүркетін қол насосы бар ыдысты аспап.*

**ГИДРОСЛЮДАЛАР** зат. мин. *Жұқа қабыршақтардан тұратын, су молекуласымен қаныққан минералдар тобы.*

**ГИДРОСТАНСЫ** зат. тех. *Судың ағыс күшін электр қуатын өндіруге пайдаланатын су электр стансасы.*

**ГИДРОСТАТИКА** [грек. hydor – су, statos – қозғалмайтын] зат. физ. *Сұйық заттың тепе-теңдігін және оның ішіне батырылған денеге тигізетін әсерін зерттейтін гидроаэромеханиканың бөлімі.*

**ГИДРОСТАТИКАЛЫҚ** сын. физ. *Гидростатикаға тән, қатысты.*

**Гидростатикалық деңгей.** физ. *Жерасты суының кен қазбаларындағы тұрақтанған деңгейі.* **Гидростатикалық теңдестік.** физ. *Қосымша сыртқы күштер болмаған жағдайда сұйықтықта орныққан теңдестік.*

**ГИДРОСФЕРА** [грек. hydor – су, sphaire – шар] зат. геогр. **1.** *Жер шарындағы барлық су объектілерінің жиынтығы.* **2.** *Жер бетінен үздік-үздік көрініс беретін, алайда шартты түрде болмысын құрайтын тұтас геосфералардың бірі ретінде даралланған ғаламшар қабаты.*

**Гидросфераның ластануы.** *Ластағыш заттардың гидросфераға мол мөлшерде түсуі, олардың өзен, су қоймалары, көлдер мен теңіздер, мұхиттар мен жер асты сулары ортасының қалыпты жағдайын бұзуы.*

**ГИДРОТАСЫМАЛ** зат. тех. *Өнімді сұйықтықтардың көмегімен тасымалдау.*

**ГИДРОТЕРАПИЯ** [грек. hydor – су, therapeia – емдеу] зат. мед. *Сумен (ванна, душ, су бүрку т. б.) емдеу әдісі.*

**ГИДРОТЕРАПИЯЛЫҚ** сын. мед. *Гидротерапияға тән.*

**ГИДРОТЕРМА** [грек. hydor – су, thermos – ыстық] зат. хим. ***Гидротермалық ерітінділер.***

**ГИДРОТЕРМАЛЫҚ** [грек. hydor – су, thermos – ыстық] сын. геол. *Жерасты ыстық сулар мен қайнарларға қатысы бар.*

**Гидротермалық ерітінділер.** хим. *Жер қыртысының қимасындағы айналымында минералды заттардың қозғалыстарына және түзілуіне жағдай жасайтын, көбінесе газдармен қаныққан ыстық сулы ерітінділер.* **Гидротермалық процестер.** геол. *Таужыныстың жарықтары мен қуектерінде қойнаулық ыстық ерітінділер есебінен (әсерінен) жаңа минералдардың қалыптасу процестері.*

**ГИДРОТЕХНИК** зат. *Гидротехниканың маманы.*

**ГИДРОТЕХНИКА** [грек. hydor – су, technike – шеберлік] зат. тех. *Су күшін жан-жақты пайдалануды (канал қазу, плотина, т.б.) қарастыратын, зерттейтін техниканың бір саласы.*

**ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Гидротехникаға тән, гидротехникаға қатысты.*

**Гидротехникалық есептеу.** сушар. *Сүзілу ағынының құрылысқа тигізетін әсерін есептей отырып, оның түрлерін анықтау және жер асты суларында орнатылған құрылыстардан сүзіліп, оларды айналып өтуі қозғалысын анықтау.* **Гидротехникалық жапқыш.** тех. *Гидротехникалық құрылыстың су ағатын арнасын толық не жартылай жабуға арналған жылжымалы құрылғы.* **Гидротехникалық жұмыстар.** *Су ресурстарын ұтымды пайдалану, ұдайы молықтыру, қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу үшін гидротехникалық құрылыстарды салуға бағытталған жұмыстар.* **Гидротехникалық имараттар [ғимараттар].** сушар. *Су қорын дұрыс пайдалану үшін қолданылатын гидротехникалық құрылыстар немесе судың зиянды әсеріне қарсы жүргізілетін құрылыстар кешені.* **Гидротехникалық құрылыстар.** әск. *Кемелер мен гидроавиацияның орналасуын, флот және құрлықтағы әскерлер күшінің әскери қызметін қамтамасыз етуге арналған әскери арнайы инженерлік құрылыстар; су шаруашылығының техникалық құрылысы.* **Гидротехникалық мелиорация.** сушар. *Суармалы жерге су беру режимін реттеу үшін қолданылатын шаралар жүйесі, су мелиорациясы.*

**ГИДРОТОРАКС** [грек. hydor – су, thorax – кеуде] зат. мед. *Сұйықтықтың өкпеқапта жиналуы.*

**ГИДРОТРАНСФОРМАТОР** [грек. hydor – су, transformare – өзгерту] зат. тех. *Қозғалтқыштан берілетін айналдыру моменті немесе мәшине – құрал білігінің айнымас жилігін сатысыз өзгертуге арналған гидродинамикалық беріліс механизмі.*

**ГИДРОТУРБИНА** [грек. hydor – су, франц. turbine – қозғалтқыш] зат. тех. *Судың механикалық энергиясын біліктің айналмалы энергиясына түрлендіретін роторлы қозғалтқыш.*

**ГИДРОҰРҒЫШ** зат. кен. *Терең ұңғыманы бұрғылауға арналған құрал.*

**ГИДРОҰШАҚ** зат. әск. *Су бетінен ұшып, оған қона алатын ұшақ.*

**ГИДРОҮЙІНДІ** зат. кен. *Сулы қоспа түрінде әкелінетін аршылым таужыныстарын жайғастыруға арналған арнайы гидротехникалық құрылыс.*

**ГИДРОФИЗИКА** [грек. hydor – су, physike– табиғат] зат. физ. *Жердің судан тұратын қабатында болатын физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

**ГИДРОФИЛ: Гидрофил таужыныс.** геол. *Түйірлерінің беткі жазықтығы мұнайға қарағанда сумен таңдамалы түрде тәуірірек ылғалданатын таужыныс.*

**ГИДРОФИЛДІК** [грек. hydor – физ. су, phileo – жақсы көру, бейім] зат. *Заттың (материалдың) суға шылангаштық қасиеті.*

**ГИДРОФИТ** [грек. hydor – су, phyton – өсімдік] зат. өс. *Тек сулы ортада өсетін өсімдіктер (мыс., қамыс, күріш, қоға).*

**ГИДРОФОБ: Гидрофоб таужынысы.** геол. *Түйірлерінің беткі жазықтығы суға қарағанда мұнаймен таңдамалы түрде тәуірірек ылғалданатын жинауыш таужыныс.*

**ГИДРОФОБТЫҚ** [грек. hydor – су, phobos – қорқыныш] сын. *Заттың (материалдың) су тепкіштік қасиеті.*

**ГИДРОФОН** [грек. hydor – су, phone – дыбыс] зат. тех. *Су астындағы дыбысты жазып алатын аспап.*

**ГИДРОФОНДЫҚ** сын. *Гидрофонға тән, гидрофонға қатысты.*

**ГИДРОХИМИЯ** зат. хим. *Қоршаған ортада жүретін биологиялық, химиялық, физикалық процестердің әсерінен болатын табиғи сулардың химиялық өзгерістерін, оның құрамын, мөлшерін зерттейтін ғылым.*

**ГИДРОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Гидрохимияға тән, гидрохимияға қатысты.*

**Гидрохимиялық аномалия.** хим. *Жерасты суларының таралу аумағының, олардың химиялық құрамының қандай болса да көрсеткіштері бойынша (жалпы минералдылығы, жеке құрам бөліктерінің мөлшері және т.б.) берілген сулы горизонтқа, кешенге және т.б. тән жерасты сулары химиялық құрамынан айырмашылығы болатын бөлікшесі (телімі).* **Гидрохимиялық талдау.** хим. *Судың химиялық құрамын анықтау үшін қолданылатын әдістердің жиынтығы.* **Гидрохимиялық іздеу әдісі.** хим. *Табиғи (негізінен жерасты) сулардың химиялық құрамын зерттеу арқылы әртүрлі пайдалы қазба көздерін іздеу.*

**ГИДРОХОРИЯ** [грек. hydor – су, choreo – жылжимын, тараймын] зат. биол. *Ұрығы, споралары су арқылы таралатын өсімдіктер мен саңырауқұлақтар.*

**ГИДРОШАХТА** зат. *Су күшін кен өндіру үшін пайдаланатын шахта.*

**ГИДРОЦЕФАЛИЯ** [грек. hydor – су, kephale – бас] зат. мед. *Мида шамадан тыс сұйықтың жиналуына байланысты оның дұрыс қызмет етуі бұзылатын жүйке ауруы.*

**ГИДРОЦИКЛОН** [грек. hydor – су, kyklon – айналмасы] зат. геол. *Сұйықтықтардағы қалқыма бөлшектерді ірілігі, нысаны, тығыздығы бойынша екі функцияға ажыратуға арналған аппарат.*

**ГИДРОЭКОЛОГИЯ** [грек. hydor – су, logos – ілім] зат. экол. *Жалпы су экожүйелерінің тіршілік жағдайын, олардың құрылымын және тіршілік заңдылықтарын зерттеумен айналысатын ғылым саласы.*

**ГИДРОЭКСТРУЗИЯ** [грек. hydor – су, extrusio – ығыстырып шығару] зат. кен. *Металды қысыммен өңдеу процесі.*

**ГИДРОЭЛЕВАТОР** [грек. hydor – су, лат. elevator –көтеруші] зат. *Сұйық пен су қоспаларын айдайтын және жоғары көтеретін ағынды сорғы.*

**ГИДРОЭЛЕКТРСТАНСЫ** зат. *Су электрстансасы.*

**ГИДРОЭНЕРГЕТИКА** зат. физ. *Су ресурстарының әлеуеттік энергиясын пайдалануды қарастыратын энергетика саласы.*

**ГИДРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ** сын. тех. *Гидроэнергетикаға қатысты, гидроэнергетикаға тән.*

**ГИДРОЭНЕРГИЯ** зат. тех. *Халықшаруашылығы мақсатына пайдаланылуы мүмкін ағын су мен суқойма суларының әлеуетті энергиясы.*

**ГИЛЕЯ** [грек. hyle] зат. бот. *Мәңгі жасыл ылғалды ормандардың жалпы аты.*

**ГИЛОЗОИЗМ** зат. фил. *Өмір, сезім табиғаттың барлық заттарына тән деп уағыздайтын ілім.*

**ГИЛЬДИЯ** [нем. Gilde] зат. тар. *Орта ғасырдағы Ресей және Еуропа елдеріндегі көпес саудагерлер одағы.*

**ГИЛЬЗА** [нем. Hulse] зат. әск. *Мылтық, зеңбірек оғының қабы.*

**ГИЛЬОТИНА** [франц. guillotine] зат. тар. *Францияда 1792 жылдан бері дәрігер Ж. Гильотеннің ұсынысы бойынша кеңінен қолданылған жазалау (бас кесу) құралы.*

**ГИМН** [грек. hymnos] зат. муз. **1.** *Бір таптың я бір мемлекеттің бірлік нышан белгісі ретінде қабылданған салтанатты өлең, әнұран.* **2.** *Салтанатты жағдайда айтылатын мадақ өлең.*

**ГИМНАЗИСТ** зат. *Гимназия шәкірті.*

**ГИМНАЗИСТКА** зат. *Гимназияда оқитын қыз.*

**ГИМНАЗИЯ** [грек. gymnasion] зат. **1.** тар. *Батыс Еуропа елдерінде он жетінші ғасырда қайта өркендеу дәуірінде пайда болған, жалпы білім беретін орта мектеп.* **2.** *Негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны.*

**ГИНАНТРОП** зат. мед. *Әйел жыныстық белгісі бар қызтеке.*

**ГИМНАСТ** [грек. gymnastes] зат. спорт. ***Гимнасшы.***

**ГИМНАСТЕРКА** зат. *Әскери формада тігілген сырт жейде.*

**ГИМНАСТЕРКАЛЫ** сын. *Гимнастеркасы бар, гимнастерка киген.*

**ГИМНАСТЕРКАШЕҢ** үст. *Гимнастерка ғана киген.*

**ГИМНАСТИКА** [грек. gymnastike] зат. спорт. *Денені,ағзаны шынықтыру және үйлесімді дамуы үшін жасалатын спорттық түрлі жаттығулар жүйесі.*

**ГИМНАСТИКАЛЫҚ** сын. *Гимнастикаға тән, қатысты.*

**ГИМНАСШЫ** зат. спорт. *Гимнастикамен үнемі үзбей жаттығушы, соның маманы, кәсіпкер спортшы.*

**ГИНАНДРОМОРФИЗМ** зат. биол. *Буынаяқты денелерде жиі кездесетін жыныстық ауытқу.*

**ГИНАНТРОП** зат. мед. *Әйел жыныстық белгісі бар қызтеке.*

**ГИНГИВИТ** [лат. gingiva] зат. мед. *Тіс қызыл иегінің қабынуы.*

**ГИНЕКОЛОГ** зат. *Гинекология маманы, дәрігері.*

**ГИНЕКОЛОГИЯ** [грек. gyne – әйел, logos – ілім] зат. мед. *Әйелдердің анатомия-физиологиялық ерекшеліктерін және жыныс жүйесі ауруларын зерттейтін, оларды емдейтін, алдын алатын клиникалық медицина саласы.*

**ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Гинекологияға тән, гинекологияға қатысты.*

**ГИНЕКОМОСТИЯ** [грек. gyne – әйел, mastos – сүт безі] зат. мед. *Ер адамда сүт безінің үлкеюі.*

**ГИНЕКОФОБИЯ** зат. мед. *Әйелдерден қорқу ауруы.*

**ГИНКГО** [лат. ginkgo biloba] зат. өс. *Ащытұқымдылар типіне жататын, әрі гинколар тұқымдасы мен класының жалғыз ғана өкілі, реликтілік ағаш.*

**ГИНОСФУЗИЯ** зат. мед. *Еркек жамбасының әйелдердікіндей болуы.*

**ГИПЕР...** [грек. hyper] *Күрделі сөздердің мөлшерден асатын, шамадан тыс, артық мағынасын беретін бөлігі.*

**ГИПЕРБАЗИТ** зат. кен. *Құрамында дала шпаттары жоқ немесе аз, кремнезем мөлшері өте аз ($SiO_2$ <45%), негізінен түсті минералдардан тұратын магмалық таужыныстардың жалпылама атауы.*

**ГИПЕРБАЙЛАНЫС** зат. инф. <ағыл. hyperlink> *Экранда ашық тұрған ағымдағы құжаттың басқа бір бөлігіне өтуді ұйымдастыратын, [гипермәтіннің] (hypertext) ерекшеленіп басқа түске боялып белгіленген элементі.*

**ГИПЕРБОЛА[1]** [грек. hyperbole] зат. әдеб. *Сөз әсерін күшейте түсу үшін шамадан тыс асыра әсірелеу мақсатымен қолданылатын стилистикалық сөйлеу айшықтары.*

**ГИПЕРБОЛА[2]** [грек. hyperballo] зат. геом. *Дөңгелек конустың екі жасаушысына параллель жазықтықпен қиылысуынан шығатын қисық сызық.*

**ГИПЕРБОЛАЛЫҚ** сын. *Гиперболаға тән, гиперболоға қатысты.*

**ГИПЕРБОЛИЗМ** зат. әдеб. *Әсірелеу әдісі, тәсілі.*

**ГИПЕРБРАХИЦЕФАЛИЯ** зат. мед. *Бастың ұзынынан гөрі көлденеңі артық дамыған ауытқу.*

**ГИПЕРВИЗОР** [ағыл. hypervisor] зат. инф. *Біртұтас есептеу жүйесінде – виртуаль машиналарды және операциялық жүйелерді басқаруға арналған бағдарлама.*

**ГИПЕРВОЛЕМИЯ** зат. мед. *Қантамыр ішіндегі айналымдағы қан көлемінің көптігі.*

**ГИПЕРГЕНЕЗИЯ** зат. мед. *Мүшенің немесе дененің бір бөлігінің аса үлкеюі (ақауы).*

**ГИПЕРГИДРОЗ** зат. мед. *Бүкіл дененің немесе дененің кейбір бөліктерінің шамадан тыс терлеуі.*

**ГИПЕРГЕНЕЗ** зат. кен. *Атмосфераның, гидросфераның және тірі заттектердің әсерінен Жер бетінде және жердің жоғарғы қабығында пайда болатын тау жыныстары мен минералдардың физикалық және химиялық процестерінің жиынтығы.*

**ГИПЕРГЛИКЕМИЯ** зат. мед. *Қан құрамындағы қант мөлшерінің шамадан тыс көп болуы.*

**ГИПЕРДАКТИЛИЯ** зат. мед. *Саусақтар мен башпай сандарының бесеуден артық болуы.*

**ГИПЕРДЕНТИЯ** зат. мед. *Тіс санының көптігі.*

**ГИПЕРЕМЕЗИС** зат. мед. *Жүкті әйелдердің тоқтамай құсуы.*

**ГИПЕРЕМИЯ** [грек. hyper – артық, haima – қан] зат. мед. *Кейбір ағзамен дене мүшелеріндегі ұсақ тамырлардың кеңею салдарынан шамадан тыс қан жиылуы.*

**ГИПЕРЖАЗЫҚТЫҚ** зат. мат. *Көпжақпен ортақ нүктесі бар және оны түгелдей бір жағына алып жатқан жазықтық.*

**ГИПЕРИНДЕКС** [ағыл. hyperindex] зат. инф. *Кейбір мәліметтер базасын басқару жүйелерінде қабылдаған мәліметтер базаларын индекс арқылы ұйымдастырудағы индекстердің жоғарғы деңгейі.*

**ГИПЕРИНСУЛИНЕМИЯ** зат. мед. *Қандағы инсулиннің көбеюі.*

**ГИПЕРИНФЛЯЦИЯ** зат. экон. *Ақшаның шектен тыс құнсыздануы.*

**ГИПЕРКАЛИЕМИЯ** зат. мед. *Қандағы калийдің көбеюі.*

**ГИПЕРКАЛЬЦИЕМИЯ** [грек. hyper – артық, кальций және haima – қан] зат. мед. *Қанда кальций ионының артып кетуі.*

**ГИПЕРКИНЕЗ** зат. мед. *Бұлшық еттердің өздігінен жиырылуынан болатын, адам ырқына бағынбайтын дене қимылдары.*

**ГИПЕРКОАГУЛЯЦИЯ** зат. мед. *Аса ұйығыштық.*

**ГИПЕРКРИНИЗМ** зат. мед. *Эндокриндік бездердің гормонды көп шығаруы.*

**ГИПЕРЛАКТАЦИЯ** зат. мед. *Сүттілік, емшек сүтінің мол шығуы.*

**ГИПЕРЛОРДОЗ** зат. мед. *Омыртқаның алға қарай дөңестеніп иілген тұсының шамадан тыс қисаюы.*

**ГИПЕРМЕДИА** [ағыл. hypermedia] зат. инф. *Мәтіннен басқа да мәліметтерді (бейнені, қозғалысты, түрлі түсті графиканы, дыбысты) көрсететін, гипермәтінге қарағанда кеңейтілген мультимедиалық ақпаратты экранда көрсетуді ұйымдастыру тәсілі.*

**ГИПЕРМЕДИАЛЫҚ** сын. инф. *Гипермедиаға тән, гипермедиаға қатысты.*

**Гипермедиалық байланыс.** инф. <ағыл. hyperlink, hypermedia link> *Гипермедиалық қосымша программалардағы мәліметтердің дискретті блоктарының арасындағы бағытталған логикалық жалғастыру және соның нәтижесінде гипермедиалық бағыттарды жүзеге асыру.*

**ГИПЕРМЕЛИЯ** зат. мед. *Қосымша қолаяғы бар болып туу.*

**ГИПЕРМНЕЗИЯ** зат. психол. *Еске түсіру мүмкіндіктерінің ерекше, кейде кінәратты түрде күшеюі.*

**ГИПЕРМЕНОРЕЯ** зат. мед. *Етеккір циклінің бұзылуы, етеккірдің 6-7 күннен көп келуі.*

**ГИПЕРМЕРИЗМ** зат. мед. *Қалыпты жағдаймен салыстырғанда ұрық денесі сегменттерінің санының көбеюі.*

**ГИПЕРНОМА** зат. мед. *Эмбриондық майлы тін қалдығынан дамитын ісік.*

**ГИПЕРОН** зат. физ. *Массасы нуклонның (протон мен нейтронның) массасынан аралық және ядролық уақыт масштабымен салыстырғанда ұзағырақ өмір сүретін тұрақсыз элементар бөлшек.*

**ГИПЕРОНИМ** [грек. hyper – жоғары, onyma – есім] зат. лингв. *Тұр-тек ұғымына сәйкес келетін тілдік бірлік.*

**ГИПЕРПЛАЗИЯ** зат. мед. *Құрамындағы жасушалардың шамадан тыс көбеюі салдарынан белгілі бір ұлпа немесе мүшелердің ұлғаюы.*

**ГИПЕРОРЕКСИЯ** зат. *Шамадан тыс тәбет.*

**ГИПЕРСТЕН** [грек. huperstenos] зат. хим. *Силикаттар класының ішінде пироксендер тобына жататын минерал.*

**ГИПЕРТЕНЗИЯ** [грек. hyper – жоғары, лат. tensio – қысым] зат. мед. *Артериялық қан қысымының шамадан тыс көтерілуі.*

**ГИПЕРТЕРМИЯ** [грек. hyper – жоғары, therme – жылылық, ыстықтық] зат. мед. *Сыртқы факторлардың әсерінен ағзада жылудың көп жиналып дене қызуының шамадан тыс көтерілуі.*

**ГИПЕРТИМИЯ** зат. психол. *Шамадан тыс эмоциялылық, қозғыштық.*

**ГИПЕРТИРЕОЗ** [грек. hyper – жоғары, thyreoeides – қалқан без] зат. мед. *Қалқан безінің ұлкейіп, қызметінің күшеюі.*

**ГИПЕРТОНИЯ** [грек. hyper – жоғары, tonos – қысым, күш тасу] зат. мед. *Қан қысымының көтерілуінен қан тамырларының шамадан тыс керілуі, қан тасу.*

**ГИПЕРТОНИЯЛЫҚ** сын. мед. *Гипертонияға тән, гипертонияға қатысты.*

**Гипертониялық криз.** мед. *Гипертониямен және т.б. ауруларлармен ауырған кезде қан қысымының оқыс, күрт көтерілуі.*

**ГИПЕРТРИХОЗ** [грек. hyper – жоғары, thrix (thrichos) – шаш, түк] зат. мед. *Денеде шаштың, түктің шамадан тыс өсуі.*

**ГИПЕРТРОФИЯ** [грек. hyper – жоғары, trophe – қоректену] зат. мед. *Ағзаның кейбір мүшесінің қатты жұмыс істеуіне байланысты шамадан тыс ұлкейіп кетуі.*

**ГИПЕРФАЛАНГИЯ** анат. *Кейбір теңіз омыртқалыларының саусақтарындағы фалангтары санының қалыптан тыс көбеюі.*

**ГИПНОАНАЛИЗ** [грек. hypnos – ұйқы, analysis – ыдырау] зат. *Гипноз арқылы емделушімен жүргізілетін психикалық талдау.*

**ГИПНОВОЛЕМИЯ** зат. мед. *Жасушадан тыс сұйықтық көлемінің азаюы.*

**ГИПНОГЕНДІ** сын. **1.** *Ұйқы келтіретін;* **2.** *Гипноз күйіне түсіретін немесе сондай күйде сақтайтын.*

**ГИПНОЗ** [грек. hypnos] зат. мед. **1.** *Санасы толық тежелмеген, бірақ гипноздаушы психотерапевтің сөзін қабылдау қабілеті сақталған, тіпті сөзге реакциясы ояу кезіндегіден де жоғары болатын жартылай ұйқыдағы ағзаның ерекше психикалық жағдайы.* **2.** *Арбап ұйықтату, еркінен айыру, есінен адастыру, ұйыту.*

**ГИПНОЗДА=** ет. *Гипнозды қолдану, арбау.*

**ГИПНОЗДАЛ=** ет. *Гипноздың әсеріне ұшырау.*

**ГИПНОЗДАУ** *Гипнозда етістігінің қимыл атауы; гипноздық күйге түсіру.*

**ГИПНОЗШЫ** зат. *Гипноз өнерінің маманы, гипноз жасаушы.*

**ГИПНОЗШЫЛЫҚ** зат. *Гипноз қолданушылық.*

**ГИПНОЛОГ** зат. *Гипноз өнерін зерттеуші ғалым.*

**ГИПНОПЕДИЯ** [грек. hypnos – ұйқы, paideia – оқыту, тәрбиелеу] зат. пед. *Шәкірттерді ұйқы кезінде оқытатын педагогикалық әдістердің ерекше бір түрі.*

**ГИПНОТЕРАПИЯ** [грек. hypnos – ұйқы, therapeia – емдеу] зат. *Гипноз қолданылатын кез келген психотерапияны білдіретін жалпы термин.*

**ГИПНОТИЗЕР** зат. *Гипнозшы, арбаушы, көз байлаушы.*

**ГИПНОТИЗМ** [франц. hypnotisme] зат. *Гипноз өнері, гипнозға тән құбылыстардың жиынтығы.*

**ГИПО...** [грек. hypo] *Күрделі сөздердің мөлшерден төмен, бір нәрсені азайтып көрсетуге байланысты мағынаны білдіретін бөлігі.*

**ГИПОАЛЛЕРГЕНДІ** сын. *Құрамында аллергендер (әдетте бояғыштар, консервантар) жоқ.*

**ГИПОВИТАМИНОЗ** зат. мед. *Ағзадағы дәрумен жетіспеушіліктен болатын ауру.*

**ГИПОГЕВЗИЯ** зат. *Дәм сезудің патологиялық тұрғыдан төмендігі.*

**ГИПОГЕН** зат. геол. *Терең, эндогендік, яғни жер қыртысы қойнауларындағы процестермен байланысты деген ұғымды білдіретін термин.*

**ГИПОГЕНЕЗ** зат. балықшар. *Кейбір балық уылдырығының ерекше түрде даму циклі; көбеюдің бір әдісі.*

**ГИПОГЕНДІК** сын. кен. *Гипогенге тән, гипогенге қатысты.*

**Гипогендік кенорын**. кен. *Жердің терең қойнауларында магмалық балқымалардан не күшті қысым мен жоғары температура жағдайындағы ыстық су ерітінділерінен пайда болған пайдалы қазба шоғырлары.* **Гипогендік минерал.** кен. *Жер қыртысының терең қабатындағы сұйық магма кристалданған кезде түзілетін минерал.*

**ГИПОГЛИКЕМИЯ** [грек. hypo – астында, glykys – шырын, haima – қан] зат. мед. *Қан құрамындағы қант мөлшерінің азайып, дене қызуының төмендеуі, бұлшық еттердің нашарлап, тез шаршағыш болуы.*

**ГИПОДИНАМИЯ** [грек. hypo – астында, dynamis – күш] зат. мед. *Адамның қозғалыс қимылы белсенділігінің шектелуінен, бұлшық еттердің жиырылу күшінің төмендеуінен ағза қызметінің (тірек-қимыл аппараты, қан айналымы, ас қорыту) бұзылуы.*

**ГИПОКИНЕЗ** [грек. hypo – астында, kinesis – қозғалыс] зат. мед. *Жүйке жүйесі және бұлшық ет ауруларына байланысты еркін қимылдар күшінің бәсеңдеуі.*

**ГИПОКОРИСТИКАЛЫҚ** [грек. hypokoristikon] сын. лингв. экспр. *Еркелету, елжірeу мағыналарын білдіреді.*

**Гипокористикалық есім.** лингв. *Екі түбір тұлғаның орнына қысқартылып айтылатын бір түбір тұлға немесе одан да қысқа айтылатын негізі бар есім сөз.*

**ГИПОКСАНТИН** зат. биол. *Пуриндік негіздердің аэробтық жағдайда ыдырауы нәтижесінде түзілетін органикалық зат.*

**ГИПОКСИЯ** [грек. hypo – астында, oxygenium – оттек] зат. мед. *Ауада оттектің жетіспеуі, кейбір аурулар мен улану нәтижесінде ағза ұлпаларында оттектің төмендеуі.*

**ГИПОЛОГИЯ** [грек. hypo – төменде, logos – ілім] зат. *Сөйлеу қабілетінің патологиялық төмендігі.*

**ГИПОНИМ** [грек. hypo – астында, onyma – есім] зат. лингв. *Семантикалық жағынан бірыңғай лексикалық бірліктер тобына кіретін тілдік бірлік.*

**ГИПОНИМИЯ** зат. лингв. *Тұр-тектік қатынастары негізінде лексика-семантикалық тақырыптағы топтарға, кластарға, шағын кластарға, семантикалық өрістерге және салаларға бірігетін өзара байланысты лексикалық бірліктердің, гипонимдердің парадигматикалық қатынастары.*

**ГИПОСТАЗ** [грек. hypo – төменде, stasis – тоқырау] зат. мед. *Адам денесінің немесе мүшесінің төменгі бөлігінде қан тоқтап жиналып қалу.*

**ГИПОТАКСИС** [грек. hypotaxis] зат. лингв. *Синтаксистік қатынастардағы бір элементтің басқа элементке бағыныштылығы.*

**ГИПОТАЛАМУС** [грек. hypothalamus] зат. мед. *Ағзаның зат алмасуын, эндокринді және жыныс бездері қызметін реттейтін мидың бөлігі.*

**ГИПОТЕЗА** [грек. hypothesis] зат. лог. *Нысанның, құрылыстың себебі туралы қорытынды (абсолют дұрыс деуге болмайтын) жасауға мүмкіндік беретін пайымдаулар мен ой-тұжырымдар жүйесі, ғылыми ойлаудың бір сатысы.*

**ГИПОТЕНЗИЯ** [грек. hypo – төменгі, лат. tensio – қысым] зат. мед. *Қан қысымының түсіп кетуі.*

**ГИПОТЕНУЗА** [грек. hypoteinusa] зат. мат. *Тік бұрышты үшбұрыштың тікбұрышқа қарсы жағы.*

**ГИПОТИРЕОЗ** [грек. hypo – астында, thyreoeides] зат. мед. *Қалқанша без сөлінің тапшылығы, метаболизм деңгейінің жеткіліксіз болуына байланысты етжеңділікпен, болбырлықпен және тез қажушылықпен сипатталатын жағдай.*

**ГИПОТЕРМИЯ** [грек. hypo – төменгі, therme – жылулық, ыстықтық] зат. мед. *Дене температурасының қалыптан тыс төмендеуі.*

**ГИПОТИМИЯ** зат. псих. *Эмоцияның төмендеуі және торығу.*

**ГИПОТОНИЯ** [грек. hypo – төменгі, tonos – қысым] зат. мед. *Қан қысымының төмен болуы.*

**ГИПОТРОФИЯ** [грек. hypo – төменгі, trophe – қоректену] зат. мед. **1.** *Адамның немесе жануар ағзасы көлемінің немесе оның бір бөлігінің физиологиялық жақтан кішіреюі, астрофия.* **2.** *Нәрестенің салмақ қоспауы.*

**ГИПОФИЗ** [грек. hypophysis] зат. физиол. *Адам мен жануарлар ағзасындағы көптеген ішкі секреция бездері қызметтерін реттеуге қатысатын эндокринді мүшелер жүйесінің орталық безі.*

**ГИПОФУНКЦИЯ** зат. физиол. *Қандай да бір ағзаның, жүйенің немесе ұлпалар жұмысының әлсіреуі.*

**ГИППАРИОН** [лат. hipparion] зат. зоол. *Жойылып кеткен үш тұяқты жылқы тұқымдасы.*

**Гиппарион фаунасы.** зоол. *Миоцен – плиоцен дәуірінде тіршілік еткен сүтқоректілер.*

**ГИППОЛОГИЯ** [грек. hippos – жылқы, logos – ілім] зат. *Жылқы туралы ілім.*

**ГИППОМОЛОГ** зат. *Жылқы өсірумен айналысушы.*

**ГИППОПОТАМ** [грек. hippopotamios] зат. зоол. *Бегемот, сусиыр.*

**ГИПС** [грек. gypsos] зат. **1.** хим. *Сульфаттар класының минералы.* **2.** мед. *Сынған не шығып кеткен дене сүйектерін қозғалтпай ұстап тұруға арналған гипс салынған не гипске малынған, тез қататын тілкемдәке.* **3.** *Мүсін жасайтын материал.*

**ГИПСОМЕТРИЯ** [грек. hypsos – биіктік, metron – өлшем] зат. зоол. **1.** *Жер бетінің ақиқатты (нақты) және салыстырмалы биіктіктерін өлшеумен анықталған деректерді карталар мен сызба нұсқалар бетінде өрнектеумен айналысатын геодезия тарауы.* **2.** *Нақтылы аймақтың биіктік көрсеткіштерін салыстыра саралау.*

**ГИПСТАҢҒЫШ** зат. мед. *Сынған, жарақаттанған, ауырған ағзаларды қимылдатпайтын жағдайға келтіретін, тез қатайтатын таңғыш; лонгет.*

**ГИПСТЕ=** ет. *Гипске салу, гипске орау.*

**ГИПСТЕУ** *Гипсте етістігінің қимыл атауы.*

**ГИПСТЕУЛІ** сын. *Гипске ораулы.*

**ГИПСТІ** сын. *Гипске оралған, гипстенген.*

**Гипсті қалпақ.** геол. *Тұзды құрылымдардың жоғарғы бөлігіндегі азды-көпті ангидрит, сазды түйіршік және ізбастасты материал қоспаларын кіріктіретін гипс шоғырлары.*

**ГИПСТІК** сын. *Гипсі бар.*

**ГИПЮР** [франц. guipure] зат. тоқыма. *Бедерлі ою-өрнегі бар тоқылған жұқа мата түрі.*

**ГИР** зат. **1.** ***Кір*** *(бір нәрсені өлшеуге арналған белгілі салмақтағы металдан жасалған құрал; таразының тасы).* **2.** спорт. *Ауыр атлетикадағы ұстайтын тұтқасы бар металл шар түріндегі спорт снаряды.*

**ГИРАКОДОНТТАР** зат. зоол. *Олигоцен – эоцен дәуірінде (шамамен 25-40 млн. жыл бұрын) тіршілік еткен мүйізтұмсық тәрізділердің бір тобы.*

**ГИРАКОТЕРИЙ** зат. зоол. *Жылқы тұқымдастарының жойылып кеткен ең арғы тегі.*

**ГИРЛЯНДА** [итал. ghirlanda] зат. *Сәндік үшін шынжыр түрінде өрілген гүлдер, бұтақтар немесе шам жалаушалар.*

**ГИРОКОМПАС** [грек. guros] зат. физ. *Жердің магниттік өрісінің әсеріне ұшырамаған нақты курс пен бағытты анықтауға арналған электрнавигациялық аспап, бағытаспап.*

**ГИРИНОХЕЙЛ** зат. балықшар. *Еті дәмсіз, арық, балдырлармен қоректенетін тұқы тәріздiлер отрядына жататын балық.*

**ГИРОСКОП** [грек. gyros – шеңбер, дөңгелек, gyreuo – айналамын және skopeo – көремін] зат. әск. *Шапшаң айналатын және айналу осі (симметрия осі) өзінің кеңістіктегі бағытын өзгерте алатын симметриялы қатты дене.*

**ГИРУДИН** [лат. hirudo] зат. мед. *Медициналық сүліктердің сілекей бездеріндегі ағзаға енгізгенде қанның ұюына қарсы тұратын заттек.*

**ГИРУДОТЕРАПИЯ** [лат. hirudo – сүлік, грек. therapeia– емдеу] зат. мед. *Медициналық сүліктерді емдік мақсатта пайдалану.*

**ГИСТАМИН** хим. *Биогенді аминге қарасты, гистидин амин қышқылының туындысы (гормоноидтердің бір түрі).*

**ГИСТИДИН** [грек. histion] зат. *Жартылай алмасатын, бірқатар жануарлар үшін алмастыруға келмейтін өте қажет амин қышқылы.*

**ГИСТИОЦИТ** [грек. histiocytus] зат. биол. *Талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасында кездесетін макрофагтар.*

**ГИСТО..., ГИСТИО...** [грек. histos] *Ағзадағы ұлпаларға (тіндерге) қатыстылықты білдіретін күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГИСТОГЕН** зат. биол. *Алғашқы жасалған ұлпа.*

**ГИСТОГЕНДІК** сын. *Гистогенге тән, гистогенге қатысты.*

**ГИСТОГЕНЕЗ** [грек. histogenesis] зат. биол. *Ағзадағы түрлі мүшелер тінінің пайда болу, тіршілік ету және қайта түзілу процесі.*

**ГИСТОГРАММА** зат. мат. *Қандай да бір шаманы бейнелейтін диаграмманың бір түрі.*

**ГИСТОЛИЗ** [грек. histos – ұлпа, lisis – ажырату, ыдырату] зат. биол. *Ағза ұлпаларының бактериялардан немесе ұлпалардан пайда болған әртүрлі ферменттердің еріту әсерінен толық бұзылуы.*

**ГИСТОЛОГ** зат. *Гистология ғылымының маманы.*

**ГИСТОЛОГИЯ** [грек. histologia] зат. биол. *Адамның және көпжасушалы жануарлардың тіндерін(ұлпа) зерттейтін ғылым.*

**ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. биол. *Гистологияға тән, гистологияға қатысты.*

**Гистологиялық бояғыштар.** биол. *Жануарлар мүшелері мен ұлпаларынан алынған гистологиялық препараттардағы жекелеген құрылымдарды анықтау үшін қолданылатын бояғыш заттар.*

**ГИСТОН** зат. мед. *Жан-жануарлар, өсімдік жасушаларының ядросында болатын қарапайым ақуыздар тобы (протеиндер).*

**ГИСТОФИЗИКАЛЫҚ** сын. физ. *Гистофизика іліміне тән.*

**ГИСТОХИМИЯ** зат. хим. *Адам мен жануар тіндерінің химиялық қасиеттерін зерттейтін гистологияның бөлімі.*

**ГИТАРА** [исп. guitarra] зат. муз. *Жұқа фанерден жасалған шанағы сегіз есеп таңбасына ұқсаған, саусақпен шертіп тартылатын, 6 не 7 ішекті музыкалық аспап.*

**ГИТАРШЫ** зат. *Гитарды шебер тартатын, жақсы ойнай білетін адам.*

**ГИФТЕР** [грек. hyphe] зат. биол. *Кейбір қалталы саңырауқұлақтар жынысты жолмен көбейген кезде пайда болатын жіп тәрізді өскін, көбейгіш, залалды саңырауқұлақтың тамыры.*

**ГЛАДИАТОР** [лат. gladiatores] зат. тар. *Көне Рим елінде арнайы үйретілген аренада өзара сайысатын, я жыртқыш аңмен басын өлімге тігіп, жекпе-жек алысатын басыбайлы құл немесе соғыс тұтқыны.*

**ГЛАДИОЛУС** [лат. gladiolus] зат. өс. *Құртқашаш тұқымдасына жататын көпжылдық түйнекті баданалы өсімдік.*

**ГЛАЗУРЬ** [нем. Glasur] зат. **1.** тамақ. *Кондитер өнімдеріне қолданылатын ас бояуымен (цедра) боялған, қанттан немесе қант пен шоколад қоспасынан, немесе қант пен жұмыртқа (күрделі глазурь) қоспасынан дайындалатын тығыз жұқа қабықша.* **2.** *Қыштан жасалған бұйымдарды сыртқы әсерден қорғау үшін қаптап тұрған шыңылтыр.*

**ГЛАМУР** [ағыл. glamour] зат. *Сыртқы бейнесі ерекше сүйкімді, көрікті.*

**ГЛАМУРЛЫ** сын. *Гламурға қатысты.*

**ГЛАНДУЛОЦИТ** [glandulocytus, лат. glandula – без, грек. kytos – клетка, торша] зат. биол. *Адам мен жануарлар ағзасындағы сыртқы және ішкі секреция бездерінің бөлінді (секрет, инкрет) шығаратын безді жасушасы.*

**ГЛАУКОМА** [грек. glaukoma] зат. мед. *Көз ішіндегі қысымның жоғарылауынан көру қабілеті күрт төмендейтін көз ауруы.*

**ГЛИКЕМИЯ** [грек. glykys – тәтті, haima – қан] зат. мед. *Қан құрамында қант болуы.*

**ГЛИКОГЕН** [грек. glykys – тәтті, genes – шығу тегі] зат. биол. *Жануарлардың мүшелеріне қорланып жиналатын негізгі крахмал-полисахарид, бауыр мен бұлшық ет заты.*

**ГЛИКОЗИД** [грек. glykys – тәтті, eidos – түр] зат. биол. *Циклді моно немесе олигосахаридтердің әртүрлі спирттермен, фенолдармен, аминдермен, меркаптандармен қосылуынан түзілген заттар.*

**ГЛИКОЗИДТІ** сын. биол. *Гликозид қатысқан, гликозиді бар.*

**ГЛИКОЛИЗ** зат. *Оттектің қатысуынсыз пирожүзім қышқылына, кейбір жағдайларда сүт қышқылына дейін ыдыраған көмірсулар (негізінен глюкозалар).*

**ГЛИКОЛИПИД** [грек. glykys – тәтті, lipos – май] зат. биол. *Құрамында май қышқылдарымен қатар бір көмірсу молекуласының қалдығы бар липидтер.*

**ГЛИНТВЕЙН** [нем. gluhender Wein] зат. *Қызыл шарапқа қант және дәмдеуіштер қосып қыздырылған ыстық ішімдік.*

**ГЛИОЦИТ** [грек. glis – желім, kytos – жасуша, торша] зат. биол. *Жүйке ұлпасының құрамына енетін, нейроциттер үшін тіректік, қоректендіру, қорғаныш, оқшауландыру қызметтерін атқаратын жасушалар.*

**ГЛИПТИКА** [франц. glyptique] зат. қол өнер. *Асыл тастарға бедерлеп өрнек салу өнері.*

**ГЛИПТОТЕКА** зат. өнер. *Мүсін өнерінің немесе глиптика туындыларының қоры, мүсін өнерінің мұражайы.*

**ГЛИССАНДО** [итал. glissando] зат. муз. *Музыка өнеріндегі аралық дыбысты айқын білдірмей, еппен баяу сырғу арқылы бір дыбыстан екінші дыбысқа көшу әдісін білдіретін орындаушылық тәсіл.*

**ГЛИССЕР** [франц. glisseur] зат. балықшар. *Жалпақ бауырлы, күшті мотордың қуатымен шапшаң жүретін шағын кеме.*

**ГЛИСТ** зат. мед. *Адамда, жан-жануарларда болатын ішекқұрты, қарабас жыланқұрт.*

**ГЛИЦЕРИН** [грек. glykys] зат. мед. *Медициналық, гигиеналық және техникалық мақсаттар үшін майлардан өндірілетін тәтті шырын тәріздес мөлдір сұйықтық; үш атомды спирт, майлардың негізі.*

**ГЛИЦЕРИД** зат. биол. *Үш атомды спирт, глицерин мен май қышқылының үш молекуласынан құралған күрделі эфирлер.*

**ГЛОБАЛИЗАЦИЯ** [ағыл. global] зат. саяси. *Жаһандану.*

**ГЛОБАЛИЗМ** [ағыл. global] зат. саяси. *Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің, елдердің ішкі ісіне араласып, өз мүддесін зорлап телуге байланысты сыртқы саясаты.*

**ГЛОБАЛИСТ** зат. саяси. *Жаһандану үрдісін жақтаушы адам.*

**ГЛОБУЛИН** [лат. globulus] зат. мед. *Қышқылдар, тұздар мен сілтілердің сұйық ерітінділерінде тез, суда өте аз еритін ақуыз.*

**ГЛОБУС** [лат. globus] зат. *Жердің, Айдың, және басқа да Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың картографиялық бет пішіні бейнеленген, айналып тұратын дөңгелек модель.*

**ГЛОРИЯ** [итал. gloria] зат. метеор. *Қарап тұрған адамның айналасына түрлітүсті сақиналардың пайда болуына әкелетін атмосферадағы оптикалық құбылыс.*

**ГЛОССА** [грек. glossa] зат. лингв. *Түсініксіз сөздермен, сөйлемдердің түсініктемесі.*

**ГЛОССАРИЙ** [лат. glossarium] зат. лингв. *Мәтіндегі түсініксіз сөздерді, терминдерді сипаттайтын анықтама сөздік, көне сөздердің түсіндірме сөздігі.*

**ГЛОССЕМАТИКА** [грек. glossa – тіл, sema – белгі] зат. *Еуропа структурализміндегі ортодоксалды бағыттардың бірі.*

**ГЛОССИТ** [грек. glossa] зат. мед. *Тілдің қабынуы.*

**ГЛОТТОГЕНЕЗ** [грек. glotta – тіл, genesis – шығу тегі] зат. лингв. *Адамның басқа таңбалар жүйесінен өзгешеленген табиғи дыбыстық тілінің қалыптасуы.*

**ГЛОТТОГОНИЯ** [грек. glotta– тіл, gonos – туу] зат. лингв. *Тілдің шығуы және оның дамуы.*

**ГЛОТТОЛОГИЯ** [грек. glotta – тіл, logos – ілім] зат. лингв. көне. *Тіл білімі.*

**ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯ** [грек. glotta – тіл, chronos – уақыт, logos – ілім] зат. лингв. *Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің тілдік өзгерістердің түрлерін және туыстас тілдердің бөліну уақытын зерттейтін саласы.*

**ГЛОХИДИЯЛАР** зат. *Айқұлақтың және кәдімгі меруерттің қосбақалшақты дернәсілдері.*

**ГЛУТАМИН** зат. биол. *Тірі ағзалар ұлпаларында бос түрінде болатын және ақуыз құрамында кездесетін қышқыл.*

**ГЛУТЕЛИН** зат. хим. Астық дәндері мен өсімдіктердің жасыл бөліктерінде болатын жай ақуыз.

**ГЛЮКАГОН** [грек. glykys – тәтті, gonos– туу] зат. мед. *Адам және жануар ағзасындағы көмірсу алмасуын реттейтін инсулин гормонының антогонисті ұйқы безі гормоны.*

**ГЛЮКОЗА** [грек. glykys] зат. мед. *Жүзім қанты, декстроза. Клеткада тотығып, көп мөлшерде энергия бөліп шығаратын, табиғатта кең таралған гексоза тобына жататын моносахарид.*

**ГЛЮКОЗУРИЯ** зат. мед. *Глюкозаның несепке араласып шамадан тыс көп шығуы.*

**ГЛЮТИН** [лат. gluten] зат. хим. *Мал өнімдерінен (сүйектен, сіңірден, балық қабыршағынан және т.б.) жасалатын желім түрі.*

**ГЛЯЦИОДИСЛОКАЦИЯ** зат. геол. *Таужыныстар жатысының мұздық қысымынан бүлінуі.*

**ГЛЯЦИОЛОГИЯ** [лат. glacies – мұз; грек. logos – ілім] зат. геогр. *Мұздықтардың физикалық қасиетін, олардың пайда болуын және жер бетінің дамуына әсерін зерттейтін ғылым.*

**ГНЕЙС** [нем. Gneis] зат. геол. *Тақтатас түріндегі метаморфтық тау жынысы.*

**ГНЕЙС-ГРАНИТ** зат. геол. *Құрамы жағынан гранитоидтерге сәйкес келетін магмалық таужыныс.*

**ГНЕЙСТІК** сын. геол. *Гнейске тән, гнейске қатысты.*

**ГНОСЕОЛОГИЯ** [грек. gnosis (gnoseos) – білім, таным, logos – ілім] зат. филос. *Таным және оның түрлері, жолдары туралы ілім.*

**ГНОСТИКТЕР** зат. мәд. *Христиан теологиясын Көне Шығыс діндерімен, неоплатонизм және пифагореизммен біріктірген діни философиялық ағымды жақтаушылар.*

**ГНОСТИЦИЗМ** [грек. gnosis] зат. филос. *Дүниені танып-білу мүмкіндігіне сенетін ілім («адамның санасы, зердесі дүниенің барлық қыр-сырларын танып-біле алады» деп тұжырымдайтын философиялық көзқарас).*

**ГОБЕЛЕН** [франц. gobelin] зат. өнер. *Қолдан өрнектеліп тоқылған қабырға кілемі, қатты, тығыз матаға қолдан тоқылған сурет.*

**ГОБИОЗОМА** зат. балықшар. *Уылдырығын қиыршық тас арасына шашып көметін теңіз балығы.*

**ГОБОЙ** [франц. hautbois] зат. муз. *Үрмелі музыкалық аспап.*

**ГОВОР** зат. лингв. *Сөйленіс (бір аудан я белгілі бір аймаққа ғана таныс, бірақ сол жергілікті жерден басқа, көпшілікке түсініксіз болатын сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер).*

**ГОВОРЛЫҚ** сын. *Говорға тән, говорға қатысты.*

**ГОГОЛЬ** зат. зоол. <лат. bucephala clangula> *Сүңгуірлер тұқымдасы тармағына жататын үйректердің бір түрі.*

**ГОЛ** [ағыл. goal] зат. спорт. *Футбол, хоккей және т.б. командалық ойындардағы қарсылас қақпасына соққан әр доп (шайба) үшін алатын ұпай.*

**ГОЛЕАДОР** зат. спорт. *Футбол ойынында көп доп салған шабуылшы.*

**ГОЛЕНЦИЯ** зат. өс. *Ақ, қызыл гүлді бір жылдық үй өсімдігі.*

**ГОЛЛАНД** зат. *Нидерландияның байырғы халқы; Голландия мемлекетінің тұрғын халқы, ұлты.*

**ГОЛЛАНДИЯЛЫҚ** сын. *Голландия елінен шыққан, голландиялық тұрғын.*

**ГОЛОГРАММА** [грек. grapho – жазамын, gramma – әріп] зат. *Голографиялық әдіспен бір нәрсенің кескіні бейнеленген фотопластинка.*

**ГОЛОГРАФИЯ** [грек. holos – бүкіл, түгел, барлығы; grapho – жазу] зат. физ. *Толқынды өрістерді тіркеу, соның нәтижесінде әртүрлі физикалық денелерді кескіндеу әдісі.*

**ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Голографияға тән, голографияға қатысты.*

**Голографиялық жад.** инф. <ағыл. holographic memory> *Голограмма пішіндегі жад.* **Голографиялық сақтауыш құрылғы.** <ағыл. holographic storage> инф. *Дискрет ақпаратты жазуға сақтауыш құрылғы ретінде голограмманы пайдалануға негізделген компьютер жады.*

**ГОЛОТИП** зат. геол. *Белгілі бір түрдің өзіндік табиғатын ашып көрсетуге жарамды деп есептелген нұсқа.*

**ГОЛОЦЕН** [грек. holos – бүкіл, түгел, kainos – жаңа] зат. геол. *Антропогеннің мұздық дәуірінен кейінгі жоғары бөлігі.*

**ГОЛЬМИЙ** зат. хим. *Лантаноидтарға жататын күмістей ақ түсті металл, химиялық элемент.*

**ГОЛЬФ[1]** зат. *Ұзындығы тізеден төмен келетін шұлық.*

**ГОЛЬФ[2]** [ағыл. golf] зат. спорт. *Арнайы таяқ және доппен ойналатын спорттық ойын.*

**Гольф алаңы.** спорт. *Аумағы 91 м-ден 546 м-ге дейін (100-600 ярд) жететін гольф ойнауға арналған алаң.*

**ГОЛЬФСТРИМ** [ағыл. Gulf Stream] зат. геогр. *Флорида түбегінен бастап, Шпецберген және Жаңа Жер аралдарына дейінгі аралықта 10 мың км-ге созылатын жылы ағыстардың күрделі жүйесі.*

**ГОМЕО...** [грек. homoios] *«Ұқсас», «тәрізді» мағынасына қатысты күрделі сөздердің бірінші бөлігі.*

**ГОМЕОМОРФТЫҚ** сын. *Екі топологиялық кеңістіктің өзара бір мәнді болып, бір-біріне үздіксіз бейнеленуі.*

**ГОМЕОЗИС** [грек. homoiosis] зат. биол. *Туыстас топтағы дененің тиісті бір ағзаға ұқсауы, ағзаның өзгеруі.*

**ГОМЕОПАТИЯ** [грек. homoios – тәрізді, pathos – ауру, қиналу] зат. мед. *Ауру түрлерін дәрілердің аз мөлшерімен емдейтін емдеу әдісі.*

**ГОМЕОСКОПИЯ** [грек. homoios– ұқсас, бірдей және skopeo – қараймын] зат. құқық. *Адам ізін зерттеудің диагностикалық және идентификациялық әдісін оқытатын трасологияның бір бөлімі.*

**ГОМЕОСТАЗ** [грек. homoios – тәрізді, stasis – қозғалмау] зат. биол. *Ағзаның не биологиялық жүйенің ішкі ортасының құрамы мен қасиеттерінің салыстырмалы динамикалық тұрақтылығы, негізгі физиологиялық қызметінің орнықтылығы.*

**ГОМИНИД** [лат. homo (hominis) – адам, грек. eidos – түр] зат. *Адам тектес маймылдардың ең жоғары дамыған тұқымдасының бірі.*

**ГОМО...** [грек. homos] *Күрделі сөздерге «тең», «біртекті», «біртұтас» мағынасын беретін бірінші сыңары.*

**ГОМОГАМИЯ** зат. әлеум. *Бір әлеуметтік топ немесе қауымдастық (этникалық, діни, касталық, сословиелік, кәсіби, жергілікті) ішінде болатын неке түрі.*

**ГОМОГАМИЯЛЫҚ** сын. *Гомогамияға тән, гомогамияға қатысты.*

**ГОМОГЕНДЕУ** [грек. homogenes] зат. геол. *Құйма қорытпалардың (қоспалы болаттардың) химиялық құрамын біртекті ету және олардың созылымдылық қасиетін жақсарту үшін арнайы пеште $3000^0$С-қа дейінгі температурада ұзақ уақыт бұқтыру процесі.*

**ГОМОГЕНДЕНУ=** ет. геол. *Гетерогендік немесе әртекті жүйенің гомогендік немесе біртекті жүйеге айналуы.*

**ГОМОГЕНДІ** сын. *Гомогендеу процесіне қатысты.*

**Гомогенді мультиплекстеу.** <ағыл. homegeneous multiplexing> инф. *Ақпаратты таситын арналардың жеткізу жылдамдықтары бірдей мәліметтерді мультиплекстеу құрылымы.* **Гомогенді ұнтақтау.** биол. *Биологиялық нысанды біртекті ұнтақтау әдісі; ғылыми-зерттеушілік ізденісте жиі қолданылады.*

**ГОМОГЕНДІК: гомогендік желі.** инф. <ағыл. homageneous network> *Біртекті немесе бір-бірімен үйлесімді компьютерлер негізінде құрылған есептеу желісі.*

**Гомогендік жүйе.** хим. *Бір фазадан тұратын, біртекті физика-химиялық жүйе.* **Гомогендік мигматит.** хим. *Құрамы жағынан біркелкілікке жеткен мигматит.* **Гомогендік реактор.** физ. *Ядролық отыны мен баяулатқышы нейтрондар үшін біртекті орта болатын ядролық реактор.* **Гомогендік тілдер.** лингв. *Типологиялық жағынан бір-біріне жақын, туыс тілдер.*

**ГОМОГЕНИЗАТОР** зат. *Биологиялық нысанды біртекті етіп ұнтақтауға арналған құрал.*

**ГОМОЗИГОТА** зат. биол. *Жұмыртқа жасушасының ұрықтануы барысында қосылған барлық гендердің (немесе олардың белгілі бір бөлігінің) сапасы, саны және құрылымы бірдей зигота немесе одан дамыған ағзалар.*

**ГОМОЗИГОТАЛЫ** сын. *Тұқым қуалаушылық, бір-біріне ұқсаушылық.*

**ГОМОЗИГОТАЛЫҚ** сын. биол. *Гомозиготаға тән, гомозиготаға қатысты.*

**ГОМОЛОГИЯ** [грек. homologia] зат. **1.** биол. *Ағзадағы мүшенің өз құрылысын өзгертіп барып, әрқилы іс-әрекет атқару қасиетіне ие болуы (адамның қолы, құстың қанаты, т.б.).* **2.** геом. *Түзу сызықтың түзулік сәйкес келетініне негіз болатын жазықтық өрісіндегі нүктенің қалыпты көрінісі.*

**ГОМОЛОГИЯЛЫ** сын. *Гомологиялық қасиеті бар.*

**ГОМОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Гомологияға тән, гомологияға қатысты.*

**ГОМОЛОГТЫ** сын. биол. *Гомологқа бай.*

**ГОМОЛОГТЫҚ** сын. *Әр түрге жататын ағза мүшелерінің ұқсастығы.*

**Гомологтық қатар.** биол. *Ағзаның жақын туыстары мен түрлеріндегі тұқымқуалаушылық өзгергіштігіндегі қатарластық. Құмырсқа қышқылы қаныққан қышқылдардың гомологтық қатарының бірінші мүшесі, қалақайда, шырша жапырақтарында болатын күйдіргіш зат.*

**ГОМОСЕКСУАЛДЫҚ** [грек. homos – ортақ, лат. sexualis – жыныстық] зат. *Қалыптан тыс жыныстық қатынасқа әуес болушылық; өз жынысы өкілдеріне жыныстық құштарлық, яғни еркектің еркекке, әйелдің әйелге құмар болуы.*

**ГОМОСФЕРА** зат. *Атмосфераның жер бетінен 90-100 км-ге жететін қабаты.*

**ГОМОТЕРМАЛЬДЫ** [грек. homos – бірдей, физ. өзара, жалпы, therme – қызу, жылу] сын. физ. *Температурасы тұрақты, өзгермейтін.*

**Гомотермальды су.** *Температурасы жыл бойы тұрақты болатын су.*

**ГОМОФОБИЯ** *Гомосексуализмді, гомосексуалистерді жек көру.*

**ГОМОФОНИЯ** [грек. homos – ортақ, phone – дыбыс]. муз. *Бір басты дауыс, қалғандары қосалқы дауыс болатын көпдауысты музыканың бір түрі.*

**ГОНАДА** [грек. gonë] зат. физиол. *Адам және жануарлардың жыныстық гормондары мен жыныстық жасушаларын түзіп шығаратын жыныстық бездер мен мүшелер.*

**ГОНГ** зат. муз. *Соғып ойнайтын музыка аспабының бір түрі, дабылқақпа.*

**ГОНДОЛА** [итал. gondola] зат. *Бір ескекті, тұмсығы және құйрығы қайқы келетін, жалпақ табанды, жолаушы тасымалдауға арналған венециандық ұзын қайық.*

**ГОНДОЛЬЕР** [итал. gondoliere] зат. *Гондола есуші адам*.

**ГОНДУРАСТЫҚ** зат. *Гондурас мемлекетінің тұрғылықты халқы.*

**ГОНИОМЕТР** [грек. gonia – бұрыш, metron – өлшеу] зат. геол. *Қатты денелердің жазық жақтарының аралығындағы бұрыш мөлшерін өлшеуге арналған аспап.*

**ГОНОБЛАСТ** [лат. gonoblastus, грек. gonos – туу, blastos – өскін] зат. биол. *Ұрықтың сарыуыз қапшығы қабырғасында қалыптасатын алғашқы жыныс жасушалары.*

**ГОНОКОКК** [грек. gonos – ұрық, kokkos тұқым] зат. мед. *Диплококтар тобына жататын гонорея ауруын қоздырушы бактериялар.*

**ГОНОРАР** зат. [лат. honorarium] зат. *Қаламақы.*

**ГОНОЦИТ** [грек. gonocytus] зат. биол. *Жануарлардың жыныс бездерінде сарыуыз қапшығынан қан арқылы ағып келіп орналасқан гоноблостардан дамыған алғашқы жыныс жасушалары.*

**...ГОНИЯ** *Мағынасы «туылуына, пайда болуына» дегенді білдіретін күрделі сөздердің кейінгі сыңары.*

**ГОПАК** зат. муз. *Украина халқының ұлттық биі.*

**ГОРАЛ** [лат. nemorhaedus goral] зат. биол. *Жұптұяқтылар отряды қуысмүйіздiлер тұқымдасына жататын сүтқоректі.*

**ГОРЕЛЬЕФ** [франц. haut-relief] зат. сәулет. *Сәулет және монументті-декоративті өнерде, мемориалдық тақта жасауда қолданылатын мүсін өнерінің бір түрі.*

**ГОРИЗОНТ** [грек. horizon (horizontos)] зат. геогр. **1.** *Көкжиек (аспан мен жер бетінің астасып көрінетін болжал сызығы; аспан мен жердің шектесуі; көкжиек).* **2.** геол. *Пайдалы қазбаларды қазып алу кезінде арнайы жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылатын, және бір деңгейде орналасқан қазбалар жиынтығы.*

**ГОРИЗОНТАЛЬ**[1] зат. **1.** мат. *Жазықтық бетіндегі көлденең сызық.* **2.** геол. *Картада Жер бетінің бірдей биіктік мәндері бар нүктелерін қосатын бірқалыпты көлбеу сызық.*

**ГОРИЗОНТАЛЬ**[2] зат. биол. *Кипаристің үйде өсірілетін түрі.*

**ГОРИЗОНТАЛЬДЫ** сын. *Көлбеу орналасқан, көлбеуленген.*

**ГОРИЗОНТТЫ** сын. геол. *Горизонт бойымен орналасқан.*

**ГОРИЛЛА** [ағыл. gorilla] зат. *Адам тәрізді маймылдың бір түрі, ең ірі маймыл.*

**ГОРМОН** [грек. hormao] зат. физиол. *Ішкі секреция бездерінде түзіліп, бірден қанға түсетін және әртүрлі мүшелер мен тіндердің қызметіне тікелей әсер ететін биологиялық белсенді заттар.*

**ГОРМОНОИДТТЕР** биол. *Ағзадағы физиологиялық үдерістерге немесе гормондарға әсер ететін биологиялық белсенді заттар.*

**ГОРМОНОТЕРАПИЯ** мед. *Гормондармен немесе гормондарға жақын дәрілермен емдеу.*

**ГОРН** [нем. Horn] зат. муз. *Үрмелі музыкалық аспап.*

**ГОРНБЛЕНДИТ** зат. геол. *Негізгі ультрамафитті магматиттерге жататын интрузивтік жыныс.*

**ГОРОДКИ** ор. зат. спорт. *Белгілі жерге тізілген кеспелтек ағаштарды таяқ лақтырып, арнаулы сызықтан соғып шығарып ойнайтын ойын.*

**ГОРОДКИШІ** зат. *Городки ойынын ойнаушы.*

**ГОРОДОВОЙ** ор. зат. тар. *Патшалық Ресей кезіндегі қалалық полиция.*

**ГОРОНТОЛОГИЯ** зат. *Адамның жас мөлшерін зерттейтін ғылым.*

**ГОРОСКОП** [грек. horoskopos] зат. **1.** *Астрологияда қолданылатын, ғаламшарлар мен жұлдыздардың уақыттың белгілі бір сәтінде өзара орналасу кестесі.* **2.** *Жұлдызнама.*

**ГОРСТ** [нем. Horst] зат. геол. *Жер қыртысының айналасындағы алқаптан көтеріңкі тұратын және лықсымалармен немесе қаусырмалармен шектелген бөлікшесі.*

**ГОРТЕНЗИЯ** [лат. hortensis] зат. өс. *Үлкен гүлдері бар, сән үшін өсірілетін өсімдік.*

**ГОРЧИЦА** ор. зат. тамақ. *Қыша.*

**ГОРЧИЧНИК** ор. зат. мед. *Ауруды басатын және қан айналымына жақсы әсер ететін бір бетіне қыша жағылған парақ.*

**ГОСПИТАЛИЗМ** [ағыл. hospital] зат. пед. *Психикалық және физикалық мешеулік синдромы.*

**ГОСПИТАЛЬ** [нем. Hospital] зат. әск. *Әскери қызметшілер емделетін арнайы ауруханa.*

**ГОСПИТАЛЬДЫҚ** сын. *Госпитальға тән, госпитальға қатысты.*

**Госпитальдық база.** *Жараланған және науқастанған әскери қызметшілерге мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге және оларды емдеуге арналған майдан тылы немесе орталық құрамындағы медициналық құрылым.*

**ГОТ:** [франц. gothique] **гот жазуы.** лингв. *Әріптері бұрышталып, сүйірленіп, ұзынша болып келген латын жазуының графикалық бір түрі. Батыс Еуропада XII-XVII гг. қолданылған латын жазуы.*

**Гот стилі.** сәулет. *Орта ғасырдың соңғы кезінде Еуропа елдерінің сәулет өнерінде кең тараған көркем стиль.*

**ГОТИКА** [франц. gothique] зат. сәулет. *Еуропа елдерінің сәулет өнерінде XII ғасырдың II жартысында, сондай-ақ XVII ғасырда кең өріс алған сәулет өнері стилі.*

**ГОТТЕНОТ** зат. *Оңтүстік Африканың байырғы халқы.*

**ГОФОРЕЛЛЕЗ** зат. балықшар. *Тұқы тұқымдасына жататын балықтардың бүйрегінде, құйғында болатын инвазиялық ауру.*

**ГӨЗАЛ** зат. сөйл. ***Гөзел.***

**ГӨЗЕЛ** зат. сөйл. *Әдемі, сұлу, көрікті әйел.*

**ГӨЙ-ГӨЙ** зат. **1.** *Бірқалыпты сарын, дыбыс, үн.* **2.** ауыс. *Уайым-қайғы сарыны, сарыуайым.*

**Гөй-гөй тартты.** *Сары уайымға салынды.*

**ГӨЙ-ГӨЙЛЕ=** ет. *Гөй-гөйге басу, сары уайымға салыну.*

**ГӨЙТ=** ет. қарап. *Мылжыңдау, бөсу.*

**ГӨЛАЙТТА=** [ор. гулять] ет. сөйл. *Сайрандау, думандату.*

**ГӨРБАН** зат. сөйл. **1.** *Құрбан.* **2.** *Қабірші, көр қазушы.*

**ГӨРІ** шыл. *Шығыс септік жалғауындағы сөздермен тіркесе айтылып, оған талғау, саралау мәнін үстейтін шылау сөз.*

**ГРАБЕН** [нем. Graben] зат. геол. *Жер қыртысының жарылымдар бойымен түсіңкі келген ойыс бөлігі.*

**ГРАВЕ** [итал. grave] муз. *Музыкалық шығарманы маңғаздана, байсалды, салтанатты орындау түрі.*

**ГРАВЕР** [франц. graveur] зат. *Металл, ағаш, сүйек, т.б. нәрселерге ойып жазушы, нақысшы зергер.*

**ГРАВИЙ** [франц. gravier] зат. құр. *Ірілігі 2-10 мм жұмырланған қиыршық сынықтардан тұратын болбыр шөгінді таужыныс.*

**ГРАВИЙЛІ** сын. *Гравийі бар, гравийі көп.*

**Гравийлі шөгінділер**. *Құрамында өлшемі 1-10 мм жұмырланған бөлшектері басым шөгінділер.*

**ГРАВИЙЛІК** сын. *Гравийге тән, гравийге қатысты.*

**Гравийлік құрылым.** *Сынықтары жұмырланған, ірілігі 2-10 мм құрылым.*

**ГРАВИМЕТР** зат. физ. *Ауырлық күшінің үдеуін салыстырмалы түрде өлшеуге арналған аспап.*

**ГРАВИМЕТРИЯ** [лат. gravis – ауыр, грек. metron – өлшем] зат. геол. *Жердің гравитациялық өрісін сипаттайтын шамаларды өлшеуді, оларды Жер пішінін анықтауға пайдалануды, жердің ішкі және жоғары бөліктерінің геологиялық құрылысын зерттейтін ғылым.*

**ГРАВИМЕТРИЯЛЫҚ** *Гравиметрияға қатысты, гравиметрияға тән.*

**ГРАВИС** [лат. gravis] **1.** зат. лингв. *Көне грек тіліндегі екпіннің бір түрі.* **2.** *Диакриттік таңбалардың бір түрі.*

**ГРАВИТАЦИЯ** [лат. gravitas] зат. геол. *Материяның кез келген түрлері арасындағы әмбебап өзара әрекеттестік.*

**ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ** сын. *Гравитацияға тән, гравитацияға қатысты.*

**Гравитациялық барлау.** геол. *Жер қыртысы жекелеген аудандарының геологиялық құрылыс ерекшеліктері мен салмақ күшінің арасындағы байланыс өзгешеліктерін саралауға негізделген геофизикалық барлау тәсілдерінің бір түрі.* **Гравитациялық бөгет.** сушар. **1.** *Өзен арнасында орналасқан жасанды суқойманың суын халықшаруашылығының әртүрлі саласында пайдалануға арналған гидротехникалық құрылыстар жиынтығы.* **2.** *Су және мұздың қысым күштерінің әсерінен болатын жылжуға қарсы табанының орнықтылығы; негізінен бөгеттің массасына пропорционал үйкеліс күштері есебінен қамтамасыз етілетін шомбал бетон немесе тасбөгет.* **Гравитациялық дифференциация.** геол. *Әркелкі магмалық балқыманың гравитация әсерінен бөлінуі.* **Гравитациялық жерасты суы.** геол. *Гравитациялық жерастысуы таужыныстардағы қуыс-жарықшақтарды толтырып тұратын, капиллярлық, молекулалық және беттік күштер ықпал жасамайтын, ауырлық күшінің (грунт сулары) немесе гидродинамикалық тегеуріннің (арынды сулар) әсерімен қозғала алатын тамшылы сұйық су.* **Гравитациялық қатпарлар.** геол. *Гравитациялық қатпарлар төсеніш қызметін атқаратын таужыныс қабаттарының біртебірте көтерілуінен қалыптасқан еңістер бетімен ауырлық күші әсерінен жылжыған шөгінді таужыныстарда пайда болатын қатпар түрі.* **Гравитациялық қозғалыстар.** геол. *Борпылдақ таужыныс шоғырларының өздерінің ауырлық күші әсерінен қозғалу үдерісі.* **Гравитациялық өріс.** физ. *Кез келген физикалық нысанның айналасында болатын физикалық өріс.* **Гравитациялық тартылыс.** геол. *Материяның кез келген түрлері арасындағы әмбебап өзара әрекеттестік.* **Гравитациялық толқын.** физ. *Толқын көтеруші күш пен оған қарсы әрекет етуші ауырлық күші арасындағы өзара әрекеттен пайда болатын толқын.* **Гравитациялық тұрақтылық.** физ. *Ньютонның тартылыс заңына енетін негізгі физикалық тұрақтылық.* **Гравитациялық шаңтұтқыш.** тех. *Шаңның ұсақ бөлшектерін газ ағынынан ұстап қалу процесі; ауырлық күші нәтижесінде жүретін шаңтұтқыш.*

**ГРАВИТОН** физ. *Жарық жылдамдығымен қозғалатын әлсіз гравитациялық өрістегі гипотезалық бөлікше.*

**ГРАВЮРА** [франц. gravure] зат. өнер. *Тақтаға бедерлеп салған суреттің қағазға түсірілген көшірмесі.*

**ГРАВЮРАЛА=** ет. өнер. *Қатты материалдардың бетіне ою, өрнек, әшекей т.б. бедерлей түсіру, көшіру.*

**ГРАДАЦИЯ** [лат. gradatio] зат. геол. **1.** *Бір нәрсенің орналасуындағы кезек реттілігі, бірте-бірте дамуы.* **2.** әдеб. *Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу, дамыту.*

**ГРАДИЕНТ** [лат. gradiens] зат. физ. *Қандай да бір кеңістік сипаттамасы шамасының ұзындық бірлігінде өзгеруінің көрсеткіші.*

**ГРАДИЕНТОМЕТР** зат. физ. *Ауырлық күші градиентінің көлбеу бағыттағы өзгерістерін өлшеуге арналған аспап.*

**ГРАДИЕНТТІК** сын.физ. *Градиентке қатысты, градиентке тән.*

**Градиенттік ағыс.** физ. *Су қабаттарындағы қысымның өзгеруі салдарынан мұхиттар мен теңіздерде пайда болатын ағыс.*

**ГРАДИРНЯ** [нем. gradieren] зат. геол. *Суды атмосфералық ауамен салқындатуға арналған ғимарат.*

**ГРАДУС**[1] [лат. gradus] зат. мат. *Тік бұрыштың тоқсаннан бір бөлігіне тең келетін жазық бұрыштың өлшеу бірлігі.*

**ГРАДУС**[2] зат. *Ауа райы, дене т.б. ыстықтығын я суықтығын есептейтін өлшем бірлік.*

**ГРАДУС**[3] зат. *Қымыз, арақ-шарап т.б. ішімдіктердің ашу күшінің бірлік өлшемі.*

**ГРАДУСНИК** зат. сөйл. *Температураны өлшейтін аспап; термометр.*

**ГРАДУСТАЙ** сын. *Градусқа жуық, градус шамасындай, мөлшеріндей.*

**ГРАДУСТЫҚ** сын. *Градус өлшеміндей.*

**Градустық өлшеу.** астр. *Жердің пішіні мен өлшемін анықтау үшін жер бетінде жүргізілетін өте дәл астрономиялық және геодезиялық өлшеулер.*

**ГРАМДАЙ** сын. *Грамм мөлшеріндей.*

**ГРАМДЫҚ** сын. *Грамм көлеміндей, мөлшеріндей.*

**ГУРАМИ** зат. балықшар. *Алабұға тәрізділер тобының лабиринттілер тармағына жататын балықтар.*

**ГРАММ** [франц. gramme] зат. **1.** *Халықаралық салмақ өлшеу жүйесіндегі килограмның мыңнан бір бөлігі.* **2.** ауыс. *Ішімдік, арақ-шарап деген мағынада.*

**ГРАММА...** [грек. gramma] *Күрделі сөздердің «жазу» сөзімен мағыналас екінші сыңары, мыс.: фонограмма.*

**ГРАММАТИКА** [грек. grammatike] зат. лингв. *Тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен өзара тіркесуін және сөйлемнің құрылысын зерттейтін саласы.* **2.** *Сөзжасам тәсілдері, морфологиялық категориялар, синтаксистік құрылымдардың жүйесі, тілдің формалды жүйесі.*

**ГРАММАТИКАЛАН=** ет. лингв. *Сөздің нақтылы лексикалық мағынасының абстракциялануы, дербес мағынадан айырылып, көмекші сөзге айналуы.*

**ГРАММАТИКАЛАНУ** *Грамматикалан етістігінің қимыл атауы.*

**ГРАММАТИКАЛЫҚ** сын. лингв. *Грамматикаға тән, грамматикаға қатысты.*

**Грамматикалық категория.** лингв. *Формалары жағынан бір-бірінен ажыратылатын біртектес грамматикалық құбылыстардың жиынтығы.* **Грамматикалық мағына.** лингв. *Сөздің жалпы немесе әртүрлі грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуінің нәтижесінде я басқа сөздермен әр алуан қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын мағынасы.* **Грамматикалық тәсіл.** лингв. *Сөздердің арасындағы әртүрлі қатынастарды, грамматикалық мағыналарды білдіру жолы, әдісі.* **Грамматикалық форма.** лингв. *Тілдің таңбалық бірлігі, сөздің лексикалық ұғымына қосымша мағына үстейтін тұлға.*

**ГРАММ-АТОМ** зат. хим. *Граммен өлшенген химиялық элемент массасының оның атомдық массасына тепе-тең мөлшері.*

**ГРАММЕМА** зат. лингв. *Грамматикалық категорияның компоненті.*

**ГРАММ-МОЛЬ** зат. хим. *Жай немесе күрделі заттың молекулалық массасына тең етіп алынған грамм саны.*

**ГРАММОНАЛ** зат. кен. *Газ бен шаңтозаң қаупі бар шахталардан басқа жерасты жағдайларында қолдануға арналған түйіршіктелген аммиак селитрасын тротилмен және алюминий опасымен жарылатын қоспасы.*

**ГРАММОФОН** [грек. gramma – жазу, phone – дыбыс] зат. муз. *Күйтабаққа жазылған музыкалық шығарма; сөз, дыбыстарды сөйлететін рупоры бар музыкалық аппарат.*

**ГРАММОФОНША** үст. *Граммофон секілді, граммофонға ұқсап.*

**ГРАММ-ЭКВИВАЛЕНТ** зат. хим. *Элементтің немесе қосылыстың эквивалентіне тең етіп алынған грамм саны.*

**ГРАМОТА** зат. **1.** *Марапаттау қағазы, ерекше еңбек сіңірген адамға ресми түрде берілетін мақтау қағазы; марапат қағазы.* **2.** пед. *Мектеп оқушыларына үздік үлгерімі үшін берілетін мақтау қағазы.* **3.** дипл. *Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарда тапсырылатын ресми хат, құжат.*

**ГРАМПЛАСТИНКА** зат. муз. *Музыкалық шығарма, сөз, дыбыс жазылған күйтабақ.*

**ГРАНАТ**[1] [итал. granata] зат. әск. ***Граната.***

**ГРАНАТ**[2] [лат. granatus] зат. геол. ***Анартас.***

**ГРАНАТ**[3] зат. өс. сөйл. *Анар.*

**ГРАНАТА** [итал. granata] әск. *Қарсыластың адам күші мен техникасын 1000 м-ге дейінгі қашықтықта жоюға арналған оқ-дәрі.*

**ГРАНАТАТҚЫШ** зат. әск. *Гранат лақтырғыш жеңіл қару.*

**ГРАНАТШЫ** зат. әск. *Гранатпен қаруланған адам, жауынгер.*

**ГРАНД** [исп. grande] сын. *Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздерге «әйгілі, үлкен, атақты» деген мағына беретін сыңары.* Мыс. *Грандциск, грандопера.*

**ГРАНИТ** [итал. granito] зат. геол. *Жер қыртысында өте көп тараған магмалық тау жынысы.*

**ГРАНИТТЕЙ** сын.сөйл. *Гранит сияқты, гранит тәрізді мықты.*

**ГРАНИТТЕН=** ет. геол. *Шығу тегі әртүрлі қатты таужыныстарды граниттерге айналдыратын процестердің жиынтығы.*

**ГРАНИТТЕНУ** *Граниттен етістігінің қимыл атауы.*

**ГРАНИТСІЗДЕНУ** зат. геол. *Таужыныста сілтілер мен кремний кетіп, магний, алюминий және басқа фемалық элементтерді көбейтетін метаморфтық үдеріс.*

**ГРАНИТТІ** сын. *Гранитке бай, граниттен тұратын.*

**Гранитті қабат.** *Шөгінді және базальтты қабаттардың арасында орналасқан құма сей-*

*смикалық толқындардың өту жылдамдығы 5,5-6,5 км/с болатын жер қыртысы қабаты.*

**ГРАНИТТІК** сын. *Граниттен тұратын, граниті бар, граниті көп.*

**Граниттік құрылым.** геол. *Гипидиоморфтүйірлі құрылымының түрі.* **Граниттік теңдестік.** геол. *Белгілі бір тереңдікте температура мен қысымға байланыссыз граниттің химиялық құрамына сай қалыптасатын элементтердің (Si, Al, сілтілер) концентрациясы.*

**ГРАНКА** зат. полигр. *Баспахана терілімінің бағаны; терілім орналастырылатын металл қалып.*

**ГРАНОДИОРИТ** зат. геол. *Қышқыл магматиттерге жататын интрузиялық, құрамы бойынша гранит пен диориттің аралығындағы таужыныс.*

**ГРАНОЗАН** зат. биол. *Дәнді, майкене дақылдардың, қант қызылшасы тұқымдарының кінәраттарына қарсы дәрілеуге қолданылатын зат.*

**ГРАНТ** [ағыл. grant] зат. *Ғылыми зерттеулер жүргізу үшін немесе жоғары оқу орындарында білім алу үшін арнайы ғылым, білім қорлары бөлетін ақшалай қаражат.*

**ГРАНТ-БАЛАМА** зат. экон. *Берілетін жеңілдікті несиенің жеңілдік деңгейінің көрсеткіші.*

**ГРАНТ-ЭЛЕМЕНТ** зат. экон. *Несиелердің жеңілдікпен берілуі дәрежесінің жалпылама көрсеткіші.*

**ГРАНУЛА** [лат. granulum] зат. **1.** биол. *Жан-жануар немесе өсімдік жасушаларының цитоплазмасындағы түйіршік заттар.* **2.** *Ұсақ түйіршік түрінде дайындалған зат (мыс.: шай, кофе, дәрі-дәрмек, мал, үй жануарлар азығы және т.б.).*

**ГРАНУЛИТ** зат. кен. *Метаморфтық тау жынысы.*

**ГРАНУЛОМЕТРИЯ** зат. кен. *Борпылдақ тау жыныстарының, топырақтың, жасанды материалдардың түйірлік құрамын анықтайтын тәсілдер жиынтығы.*

**ГРАНУЛОМЕТРИЯЛЫҚ** сын. кен. ***Гранулометрлік.***

**ГРАНУЛОМЕТРЛІК** сын. кен. *Гранулометрияға тән, гранулометрияға қатысты.*

**ГРАПТОЛИТ** [грек. graptos] зат. зоол. *Палеонтологияда суда еркін жүзген немесе су түбіне жабыса тіршілік еткен теңіз жәндіктерінің түгелімен қырылып біткен түрлерінің бірі.*

**ГРАППА** зат. *Италияда жүзім сүйегінен, қабығынан, жүзім шаруашылығындағы қалдықтардан дайындалатын, құрамындағы спирті 40%, 50% болатын алкогольдік ішімдік.*

**ГРАТИФИКАЦИЯ** [ағыл. gratification] зат. экон. *Қызметкерлерге өз міндеттерін сапалы орындағаны үшін ынталандыру мақсатымен берілетін ақшалай сыйлық.*

**ГРАУВАККА** [нем. Grau – сұр, wacke – саз] зат. геол. *Әртүрлі таужыныстар мен минералдардың сынықтарынан, көбінесе далашпаттар мен кварцтан тұратын құмды жыныс.*

**ГРАФ**[1] [нем. Graf] зат. тар. *Орта ғасырларда Батыс Еуропада қолданылған, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін бароннан жоғары дворяндық атақ, лауазым.*

**ГРАФ**[2] [ағыл. graph] зат. инф. *Түйіндері нүктелер жиыны, ал түйіндердің жалғасуы (қабырға деп аталатын) қос екі нүкте болып келетін, тор түрінде бейнеленетін графтар теориясының негізгі түсінігі.*

**ГРАФ** [грек. grapho ] *Адамның бір нәрсені жазатын, сипаттайтын, зерттейтін мамандығын, құрамдық бір нәрсені суреттейтінін, бекітетінін, тіркейтінін білдіретін Еуропа тілдерінен енген сөздердің соңғы бөлігі.*

**ГРАФА** [грек. graphe] зат. *Бағана (қағаз бетіндегі қос сызықпен бөлінген бағана).*

**ГРАФЕМА** [грек. graphe] зат. лингв. **1.** *Жазу стиліне, сөздегі және сөйлемдегі орнына қарай әртүрлі варианттарда қолданылатын бірлік, әріп.* **2.** *Жазба тілдің фонемаға сәйкес ең кіші абстракті бірлігі.*

**ГРАФИК** [грек. graphikos] зат. *Қандай да бір шаманың (мыс., жолдың) басқа бір шамаға (мыс., уақытқа) тәуелділігін көрнекі түрде бейнелеуге қолданылатын сызба, яғни функцияның өзгеру сипатын көрнекі түрде көрсететін сызық.*

**ГРАФИКА** [грек. graphike] зат. **1.** лингв. *Белгілі жазу тәсілдерінің жиынтығы, әріптер мен сөйлеу (фонемалар) дыбыстарының арасындағы қатынастар жүйесі.* **2.** полигр. *Әріп кескіні мен белгілері.* **3.** лингв. *Графемалар мен фонемалардың арақатынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.* **4.** өнер. *Бірден қағазға түсіріліп көбейтілетін бейнелеу өнерінің бір түрі.* **5.** инф. *Кескіндерді енгізу, бейнелеу және шығару құралдары мен жүйелері.*

**Графика шекарасы.** инф. <ағыл. graphic boundary> *Графикалық редакторлар және кіші баспа жүйелер бағдарламаларында қолданылатын нүктелерден тұратын сызық.*

**ГРАФИКАЛЫҚ** сын. *Графикаға тән, графикаға қатысты.*

**Графикалық адаптер.** инф. <ағыл. graphics adapter> *Графикалық кескіндерді мониторға шығаруды басқару құрылғысы.* **Графикалық ақпарат.** инф. <ағыл. image information> *Кестелер, эскиздер, диаграммалар, графиктер пішініндегі фигуралар немесе бейнелер (көрнекті символдар) түрінде берілетін ақпарат.* **Графикалық бекет.** инф. <ағыл. graphic station> *Графикалық ақпаратты өңдеу жүйесін құруға арналған бағдарламалық-аппараттық құралдар кешені (автоматтандырылған жобалау жүйесін қоса есептегенде).* **Графикалық десте.** инф. <ағыл. graphic ackage> *Графиксалғышта немесе дисплейде графикалық кескінді қалыптастыру мақсатымен қолданбалы бағдарламада пайдалануға арналған бағыныңқы бағдарламалар жинағы.* **Графикалық кескін.** инф. <ағыл. graphic chart> *Шарттылықтың белгілі бір дәрежесімен орындалатын жазықтықтағы (мыс., график салғыштың қағаз парағында) әртүрлі заттардың кескіні.* **Графикалық құжат.** әск. *Мазмұны графикалық түрде топографиялық картада, балауызда (таста), пластинкада немесе мөлдір жұқа қағазда көрсетілетін әскери (ұрыс) немесе қызмет құжаты.* **Графикалық құрылым.** геол. *Бір-бірімен бітесе өскен және азы көбірегіне сына жазуға ұқсас кірінді болып келген екі минерал қоспасы.* **Графикалық қысқарту.** лингв. *Жиі қолданылатын сөздердің немесе сөз тіркестерінің шартты түрде қысқартылуы.* **Графикалық планшет.** инф. <ағыл. graphic tablet> *Жиектік кескіндерді нүктелеп енгізу құрылғысы.* **Графикалық принтер.** <ағыл. printer-plotter> *Принтер мен плоттердің біріктірілген түрі.* **Графикалық редактор.** инф. <ағыл. graphics editor> а) *Графикалық кескіндермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін әрі оларды түзетуге, толықтыруға арналған бағдарлама;* ә) *Дисплей бетінде графикалық кескіндер салу процесін автоматтандыруға арналған бағдарлама;* б) *Графикалық кескіндерді, көріністерді, суреттерді, сол сияқты мультипликацияны құруға арналған құралдармен қамтамасыз ететін бағдарламалық кешен.* **Графикалық режім.** инф. <ағыл. graphics mode> *Экранға пиксельдерден (нүктелерден) тұратын күрделі графикалық бейнелерді шығаратын дисплей жұмысының режімі.* **Графикалық символ.** инф. <ағыл. graphics character> *Графикалық кескіндерді салуға қолданылатын бедербелгілер.* **Графикалық файл.** инф. <ағыл. graphics file> *Графикалық редактордың немесе автоматты жобалау бағдарламаларының көмегімен жасалатын графикалық кескіндерден тұратын файл, яғни графикалық мәліметтер сақталатын файл.* **Графикалық шығару.** инф. <ағыл. graphic output> *Графикалық деректерді шығару; деректерді машинаның графикалық құрылымымен шығару [Деректер графикалық дисплейге немесе графика салғышқа шығарылады].*

**ГРАФИКСАЛҒЫШ** зат. инф. <ағыл. plotter> *Мәліметтерді графикалық пішінде қағазға және т.б. мәлімет тасығышқа шығару құрылғысы.*

**ГРАФИКТІК** сын. *Графикке тән, графикке қатысты.*

**Графиктік жүйе.** инф. <ағыл. graphic system>. *Теледидар мониторы экранына немесе қағазға құрылғының сурет салуына, сызықтар жүргізуіне, диаграммалар құруына, суреттерді бояуына мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар.* **Графиктік интерпретация.** геом. *Графиктік жүйенің түсіндірмесі.* **Графиктік терезе.** <ағыл. art window> *Мәтінге құрамдаспаған графиктік кескіндерге арналған жеке терезе.* **Графиктік файл.** инф. <ағыл. graphic file> *Графикалық кескіні бар файл; графикалық редактордың көмегімен даярланған файл.*

**ГРАФИН** [итал. caraffina] зат. *Сұйықтық құюға арналған жіңішке мойынды шыны ыдыс, құты.*

**ГРАФИНЯ** зат. тар. *Батыс Еуропа елдеріндегі, Ресейдегі ақсүйек графтың жұбайы, оның мирастық атақ лауазымы.*

**ГРАФИТ** [нем. Graphit] зат. геол. *Көміртегінен құралатын әртүрлі түсті, жұққыш минерал.*

**ГРАФИТТЕ=** ет. *Графитке айналдыру.*

**ГРАФИТТЕЛ=** ет. *Графитке айналдырылу.*

**Графиттелген болат.** кен. *Көміртек (1-1,5%) мөлшері көп болат.*

**ГРАФИТТЕНДІР=** ет. кен. *Темірлі, никельді және басқа металды қорытпалардың (негізінен шойындардың) құрылымында графит бөлшектерінің түзілуі (бөлінуі).*

**ГРАФИТТЕНДІРУ** *Графиттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ГРАФИЯ** [грек. grapho] **1.** *Бір нәрсені сызба, бейне түрінде көрсетуге, сипаттауға қатысты Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің соңғы сыңары, мыс., география, этнография.*

**ГРАФО...** [грек. grapho] *Жазуға, сызуға қатысты Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздің екінші сыңары, мыс., графология.*

**ГРАФОМАНИЯ** [грек. grapho – жазамын, mania – құштарлық] зат. *Шығармашылық қабілеті жоқ адамның шығармашылыққа шектен тыс құштарлығы.*

**ГРАФОЛОГИЯ** зат. *Адамның жазу, қолтаңба ерекшелігі негізінде оның мінез-құлқын, психологиялық қалпын зерттейтін ілім.*

**ГРАФТАЙ** сын. сөйл. *Граф сияқты, граф тәрізді.*

**ГРАФФИТИ** [итал. graffiti] зат. лингв. *Әртүрлі тәсілдерді (ою, қашау, сызу) қолдану арқылы қатты материалдарға (тас, қыш, ағаш) түсірілген жазулар.*

**ГРАЦИЯ** [лат. gratia] зат. **1.** эстет. *Бойды ұстаудағы, қимылдағы әдемілік.* **2.** киім. *Әйелдердің белі мен кеудесін жинақтап, ұстап тұратын эластикалық кең белбеу-корсеттің түрі.*

**ГРЕГАРИН** [лат. gregarius] зат. бот. *Споровиктер тобына жататын біржасушалы ағзалар.*

**ГРЕЙДЕР**[1] [ағыл. grader] зат. тех. *Жол сілемін белгілейтін және тегістейтін жерқазғыш машина.*

**ГРЕЙДЕР**[2] зат. *Кесек қиыршық тас төселген жол.*

**ГРЕЙЗЕН** [нем. Greisen] зат. геол. *Негізінен кварц және ашық түсті слюдалардан тұратын метасоматиттік тау жынысы.*

**ГРЕЙЗЕНДЕР** зат. геол. *Көбінесе қышқыл құрамды интрузиялық, эффузиялық шөгінді және метаморфтық таужыныстардың пневматолиттік-гидротермалық өзгерістері нәтижесінде қалыптасатын, минералдық құрамы негізінен кварцтан, мусковиттен, литийлі слюдалардан, турмалиннен, топаздан, флюориттен, берилден, рутилден, басқа да кейбір рудалы минералдардан тұратын таужыныс.*

**ГРЕЙЗЕНДЕНУ** зат. геол. *Гранитоид жыныстарында жоғары температурада өтетін метасалатиттік өзгеру процесі.*

**ГРЕЙПФРУТ** [ағыл. grapefruit] зат. өс. *Рута тұқымдасының цитрус туысына жататын сары түсті ірі, дәмі ащылау қышқыл, шырыны мол жемісі бар цитрус ағашы.*

**ГРЕЙФЕР** [нем. Greifer] зат. тех. *Көтергіш экскаватор секілді машиналардың жүк қармағыш азулы құралы.*

**ГРЕК** зат. *Грецияның негізгі халқы.*

**Грек жазуы.** *Финикия жазуының негізінде б.з.б. X-VIII ғасырларда шыққан жазу.* **Грек тілі.**

**ГРЕЛКА** зат. сөйл. *Емдеу мақсатымен қолданылатын ішіне ыстық су құйылған резеңке ыдыс, торсық.*

**ГРЕНА** [франц. graine] зат. биол. *Жібек көбелегінің жұмыртқалары.*

**ГРЕНАДЕР** [франц. grenadier] зат. тар. *Көптеген елдердің армиясында XVII ғ-дан бастап, орыс армиясында XIX-XX ғ-ларда болған іріктелген жаяу немесе атты әскер бөлімі.*

**ГРИЗЛИ** [ағыл. grizzly] зат. зоол. *Аляска мен Канаданың батыс аймақтарын мекендейтін түсі қоңыр үлкен аю.*

**ГРИЗОН** [лат. martes] зат. зоол. *Денесінің ұзындығы 45 см, құйрығы 20 см болатын сусарлар туысы, куница.*

**ГРИЛЬ** [франц. griller] зат. *Ет және балық тағамдарын дайындауға арналған инфрақызыл қыздырғышы бар шағын қуыру құрылғысы.*

**ГРИЛЬ-БАР** зат. *Етті немесе құсты грильде дайындалған тағамдары бар асхана түрі.*

**ГРИМ** [франц. grimer] зат. өнер. *Түрлі бояуыш заттарды пайдаланып, актердің бетбейнесін кейіпкерге ұқсату өнері.*

**ГРИМДЕ=** ет. *Грим жағу.*

**ГРИМДЕЛ=** ет. *Грим жағылу.*

**ГРИМДЕЛУ** *Гримдел етістігінің қимыл атауы.*

**ГРИМЕР** [франц. grimer] зат. өнер. *Рөліне сәйкес актерлердің кескін-кейпін бояушы.*

**ГРИПП** [франц. grippe] зат. мед. ***Тұмау.***

**ГРИФ**[1] [нем. Griff] зат. **1.** *Найза, қылыш және өзге де суық қарудың сабы.* **2.** муз. *Ішекті музыкалық аспаптың жоғарғы (мойын) жағына жапсырылған пластина.* **3.** спорт. *Штанганың екі жағына салмақ ілінетін темір тұғыры.*

**ГРИФ**[2] [франц. griffe] зат. *Қол қою үлгісі немесе өзге қолжазба мәтіні бар мөр, штемпель және сол мөрдің, штемпельдің құжаттағы көшірмесі.* **2.** *Құжаттың немесе басылымның ерекше пайдалану ретін білдіретін жазу, белгі.*

**ГРИФ**[3] [грек. gryps] зат. зоол. *Күшіген.*

**ГРИФОН** [франц. grifon] зат. көркем өнер. *Сәндік мүсін өнеріндегі арыстан денелі, бүркіт қанатты жануар бейнесі.*

**ГРОГ** [ағыл. grog] зат. *Қант қосылып, ыстық сумен араластырылған арақ немесе ромнан дайындалған* зат. *ішімдік.*

**ГРОССБУХ** бухг. *Кіріс пен шығыс есептеулерінің барлығын қамтыған бухгалтериядағы негізгі кітап.*

**ГРОССМЕЙСТЕР** [нем. Grobmeister] зат. спорт. *Шахмат ойыны шеберлерінің жоғарғы атағы.*

**ГРОССУ** [лат. grossularia] зат. геол. *Силикаттар класының гранаттар тобына жататын минерал.*

**ГРОТЕСК** [франц. grotesque] зат. өнер. *Өнердегі оқиғаны қарама-қарсылыққа немесе шендестіре бейнелеуге құрылған бейнелеу тәсілдерінің бірі.*

**ГРУЗИН** зат. *Грузия Республикасының негізгі халқы; ұлт.*

**ГРУЗОВИК** зат. тех. *Жүк таситын автомобиль.*

**ГРУНДИММУНИТЕТ** зат. мед. *Ағзаға тиісті антигенді бірінші рет енгізгенде онда антидене түзу қабілеті пайда болып, әрі қарай артатын иммунитет.*

**ГРУНТ** [нем. Grund] зат. геогр. **1.** *Жер, топырақ.* **2.** *Табиғи су алабының қатты табаны, өзен, теңіздердің түбі.* **3.** геол. *Тау жыныстарынан, топырақтан, техногендік түзілімдерден тұратын, инженерлік әрекет нысаны болып табылатын көп құрамдас бөлікті динамикалық жүйе.*

**Грунт механикасы.** геол. *Механиканың, грунттың кернеулі деформаланған күйін, беріктілігі мен орнықтылық шарттарын, сондай-ақ артқы әсерден грунт қасиеттерінің өзгеруін зерттейтін бөлігі.* **Грунт суы.** геол. *Жер бетіне таяу жатқан тұрақты сулы қабаттардағы гравитациялық сулар.*

**ГРУНТАЛҒЫШ** геол. *Бұрғылау құбырынан, тау қазындыларынан немесе көл түбінен грунт үлгілерін алу үшін пайдаланылатын аспап,*

**ГРУНТСЫЗ** сын. *Грунты жоқ, грунт қатыспайтын.*

**ГРУНТТАНУ** зат. геол. *Геологиялық түзілімдердің (тау жыныстары, түрлі шөгінділер, топырақ) инженерлік-геологиялық қасиеттерін зерттейтін және осы қасиеттерге сандық сипаттама беретін геологияның бір саласы.*

**ГРУНТТЫҚ** сын. *Грунтқа қатысты, грунтқа тән.*

**Грунттық эмальдар.** хим. *Бұйым бетінде бірінші болып жалатылатын адгезиялығы жақсы элементтер.*

**ГРУППА** [нем. Gruppe] зат. **1.** *Ортақ мақсаты бар адамдар.* **2.** мед. *Биохимиялық ерекшеліктері мен ақуыздарының құрылысы ортақ қан тобы.*

**ГРУППАЛАС** сын. *Бір топтағы.*

**ГУ** елік. *Кенеттен гуілдеп шыққан үнді, дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Гу еткізді.** *Гуілдетті, пысылдатты.* **Гу етті.** а) *Жапа-тармағай дүр етіп ұшты.* ә) *Жел, боран т.б. азынады, уілдеді.* б) *Жан-жақтан дабырлап сөйлесті, даурықты.* в) *Гулеген дыбыс шығарып лаулады, тез жанды.*

**ГУАНИН** зат. биол. *Нуклеин қышқылдарының құрамында, барлық тірі ағзалардың жасушаларында болатын курин туындысы.*

**ГУАР** зат. зоол. *Аса ірі, мүйіздері бір метрге жуық, алапат күшті сиыр тұқымдас жануар.*

**ГУАШЬ** [франц. gouache] зат. *Желім қосылып суға ерітілген, ақ сыр қосылған бояу.*

**ГУБАН** зат. балықшар. *Алабұға тәрізділер отрядына жататын балықтардың бір тұқымы.*

**ГУБЕРНА** зат. тар. сөйл. ***Губерния.***

**ГУБЕРНАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Губерниялық.***

**ГУБЕРНАТОР** [лат. gubernator] зат. тар. *Бұрынғы патшалық Ресей, қазіргі Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттары, Англия, т.б. елдердегі әкімшілік-территориялық аумақтың жоғарғы лауазымды басқарушысы.*

**ГУБЕРНЕ** зат. тар. сөйл. ***Губерния.***

**ГУБЕРНИЯ** зат. тар. *Ресейде XVIII ғасырдан бастап, КСРО-да 1929 жылға дейін, одан 1991 ж. бастап қайта аталған негізгі әкімшілік-территориялық бөлік атауы.*

**ГУБЕРНИЯДАЙ** сын. сөйл. *Губерния сияқты, губерния тәрізді.*

**ГУБЕРНИЯЛЫҚ** сын. *Губернияға тән, губернияға қатысты.*

**ГУБКА** [лат. spongia] зат. биол. *Төрт топқа бөлінетін бір ғана класы бар омыртқасыз жануарлар түрі.*

**ГУГЛ** [ағыл. google] зат. *Ақпаратты іздеуге арналған кеңінен танымал халықаралық электронды желі.*

**ГУ-ГУ** елік. **1.** *Кенеттен қайта-қайта гуілдеп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Жел, боран т.б. азынап, уілдеп соққан дыбысын бейнелейтін сөз.* **3.** *Жан-жақтан дабырлап, даурығып шыққан дыбыстарды бейнелейтін сөз.*

**Гу-гу еткізді.** ***Гуілдетті.*** **Гу-гу етті.** *Даурықты, дабырлады, шулады.*

**ГУ-ГУЛЕ=** ет. *Жан-жақтан шулау, дабырласып у-шу болу.*

**ГУ-ГУЛЕС=** ет. *Бір-біріне қосылып шуласу.*

**ГУ-ГУЛЕУ** *Гу-гуле етістігінің қимыл атауы.*

**ГУДЕ-ГУ** сын. *Ел арасындағы сөздің, даужанжалдың күшеюі.*

**ГУДОК** зат. *Әр қилы жаңғырық дыбыс, ысқырық түрінде берілетін белгі; сигнал.*

**ГУДОКТЕТ=** ет. *Гудок беру.*

**ГУДРОН** [франц. goudron] зат. *Мұнай құрамынан бензинді, керосинді және дистилятты майлы фракцияларды өндіріп алғаннан кейін қалатын шайыр тектес қарамай.*

**ГУЛЕ=** ет. **1.** *Гу-гу еткен дыбыс, үн шығару.* **2.** *Жел, боранның т.б. азынап, уілдеуі.* **3.** *Ұшу, зымырау, зулау.* **4.** *Даурығу, дабырлау.* **5.** *Тоқтамау, зырылдау.* **6.** ауыс. *Құж-құж қайнау, қаптау, көбею.* **7.** ауыс. *Гүлдену, жайқалу, жетілу, өркендеу.*

**ГУЛЕС=** ет. *Даурығысу, дабырласу.*

**ГУЛЕТ=** ет. *Күшейту, қыздыру.*

**ГУЛЕУ** *Гуле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күшею, қызу.* **2.** *Қаптау, толу.* **3.** *Жел, боранның т.б. азынап уілдеуі.*

**ГУЛЯШ** [венгр. hulas] зат. тамақ. *Майдалап туралған етке тұздық қосып пісірген венгр тағамы.*

**ГУМАНДЫҚ** сын. *Гуманизмге тән, адамдық.*

**ГУМАНИЗМ** [лат. humanus] зат. филос. *Адамгершілікті, адамға деген сүйіспеншілік идеясын білдіретін көзқарастар жүйесі.*

**ГУМАНИСТ** зат. *Гуманизмді жақтаушы, қолдаушы, уағыздаушы.*

**ГУМАНИСТІК** сын. *Гуманизмге тән, гуманизмге қатысты.*

**Гуманистік психология.** *Психологияның ең басты пәні, бірегей біртұтас жүйе болып табылатын тұлға болуға тиіс деп есептейтін бағыт.*

**ГУМАНИТАРЛЫҚ** [лат. humanitas] сын. *Адамзат қоғамының тарихы мен мәдениетін зерттейтін, адамдарға қамқор, адамзат мүддесін көздейтін.*

**Гуманитарлық ынтымақтастық.** саяси. *Заманауи халықаралық қарым-қатынас жүйесіндегі негізгі бағыттардың бірі.*

**ГУМАНОИД** [лат. humanus – адами, адамдық, грек. eidos – түр] зат. *Жер шарын немесе басқа ғаламшарларды мекендейтін адам тектес, қиялдан туған жан.*

**ГУМИДТІ** сын. ***Ылғалды.***

**ГУМИДТІК** [лат. humidus] сын. геол. ***Ылғалды.***

**Гумидтік климат.** *Өте ылғалды климат.*

**ГУМИТ** зат. геол. *Гумолиттер тобынан, яғни жоғары сатыдағы өсімдіктер қалдығынан тұратын қазба көмірлер топшасы.*

**ГУМОЛИТ** зат. геол. *Жоғары сатыда дамыған өсімдіктер қалдығынан қалыптасатын қазба көмірлер тобы.*

**ГУМУС** [лат. humus] зат. биол. ***Қарашірік.***

**ГУН** зат. тар. ***Ғұн.***

**ГУНМО** зат. тар. *Күнби, ежелгі үйсіндердің (б.з.б. II ғ.- б.з. V ғ.) жоғарғы билеушісінің лауазымы.*

**ГУППИ** [нем. Guppy] зат. зоол. *Негізінен Венесуэла, Солтүстік Бразилия, Гвиана, сондай-ақ Барбадос және Тринидад аралдарындағы суқоймаларда кең таралған балық.*

**ГУРАМИ** [лат. osphronemus goramu]. зат. зоол. *Лабиринттер тұқымдасына, сондай-ақ алабұға тәрізділер тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

**ГУРМАН** [франц. gourmand] зат. **1.** *Аспаздықтың қыр-сырына жетік, тағамдардың мән-жайын білетін адам.* **2.** *Дәмді тағам әзірлегенді, дәмді тағам жегенді ұнататын адам.*

**ГУРХАН** зат. тар. *Қидандар мемлекеті (1140-1213 ж.ж.) билеушісінің лауазымы.*

**ГУРУ** зат. діни. *Индуизм мен буддизм діндеріндегі рухани тәлімгер, ұстаз.*

**ГУСАР** [венгр. huszar] зат. тар. *Патшалық Ресейде және кейбір шет елдердегі кавалерия бөліміндегі әскер.*

**ГУСЛИ** зат. муз. *Орыстың көп ішекті музыкалық көне аспабы.*

**ГУТАЛИН** зат. тех. *Теріден жасалған аяқ киімдерге жағатын май.*

**ГУТТАПЕРЧА** [ағыл. guttapercha] зат. биол. *Гутталы өсімдіктерден шығатын шырынның кеуіп, тері, көн тәрізді қатайған түрі, каучуктің изомері.*

**ГУТТУРАЛДЫ** сын. лингв. *Көмекейден шыққан (дыбыс).*

**ГУІЛ** зат. *Бірыңғай үзіліссіз созыла шыққан, толассыз гу-гу дыбыс, үн.*

**Гуіл қақты.** *Ызыңдап жел есті, улеген дыбыс шығарды.*

**ГУІЛДЕ=** ет. **1.** *Гу-гу еткен дыбыс шығару.* **2**. *Желдің, боранның, т.б. уілдеуі, азынауы.* **3.** *Жапа-тармағай дүр етіп ұшу.* **4.** *Жан-жақтан дабырлап сөйлесу, көтеріле даурығу.* **5.** ауыс. *Зымырау, жүйтку, заулау.*

**ГУІЛДЕЙ** сын. сөйл. *Гуіл сияқты, гуіл тәрізді.*

**ГУІЛДЕК** сын. **1.** *Гуілдеп соққан, азынаған.* // *Бос сөзділік, даурықпалық.*

**ГУІЛДЕС=** ет. *Шуылдасу, даурығысу.*

**ГУІЛДЕСУ** *Гуілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ГУІЛДЕТ=** ет. **1.** *Дүрілдету, гу-гу еткен дыбыс шығарту.* **2.** *Азынату, уілдету.*

**ГУІЛДЕТУ** *Гуілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ГУІЛДЕУ** *Гуілде етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮБІРНА** зат. тар. сөйл. ***Губерния.***

**ГҮБІРНАТҰР** зат. тар. сөйл. ***Губернатор.***

**ГҮБІРНАТЫР** зат. тар. сөйл. ***Губернатор.***

**ГҮБІРНӘ** зат. тар. сөйл. ***Губерния.***

**ГҮБІРНЕ** зат. тар. сөйл. ***Губерния.***

**ГҮЖ**[1] елік. *Гүрілдеп шыққан дауысты, дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Гүж етті.** а) *Гүжілдеп жуан дауыспен үн қатты.* ә) *Гүр етіп, от алды.*

**ГҮЖ**[2] сын. *Жуан, бытырық.*

**ГҮЖ-ГҮЖ** елік. *Үздіксіз гүрілдеп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Гүж-гүж етті.** *Гүрілдеп, гүр-гүр етіп жуан даусымен сөйледі.*

**ГҮЖБАН** сын. **1.** *Жуан, дәу.* **2.** ауыс. *Қиын, тауқыметті.*

**ГҮЖБАНДАЙ** сын. *Тым жуан.*

**ГҮЖ-ГҮЖДЕ=** ет. *Қайта-қайта айту, айдап салу.*

**ГҮЖДЕЙ** сын. *Мыртық, жуан.*

**ГҮЖІЛ** зат. *Гүж-гүж еткен дыбыс, үн, гүріл.*

**Гүжілге басты.** *Гүжілдеді, гүрілдеген дыбыс шығарды.*

**ГҮЖІЛДЕ=** ет. **1.** *Гүж-гүж ету, гүрілдеген дыбыс шығару.* **2.** *Жуан дауыспен гүрілдей сөйлеу.* **3.** *Даурығу, шулау, дабырлау.*

**ГҮЖІЛДЕК** сын. *Гүжіл үнді, жуан дауысты.*

**ГҮЖІЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Даусы жуандап, қатқылдау шығу.*

**ГҮЖІЛДЕС=** ет. *Шуылдасу, даурығысу, дабырласу.*

**ГҮЖІЛДЕСУ** *Гүжілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮЖІЛДЕТ=** ет. *Шулату, дүбірлету.*

**ГҮЖІЛДІ** сын. *Гүжілі, гүрілі көп, шулы.*

**ГҮЖІМ** сын. көне. *Өте үлкен, зор, жуан ағаш.*

**ГҮЖІМДЕЙ** сын. көне. *Гүжім сияқты, гүжім тәрізді.*

**ГҮЛ** [ир. گل] зат. биол. <лат. flos> **1.** *Түрлі-түсті, үлбіреген, хош иісті гүл шығатын өсімдіктің жалпы аты.* **2.** терм. *Гүлді өсімдіктердің жыныстық жолмен көбею мүшесі.* **3.** ауыс. *Жасөспірім, бүлдіршіндей жас.* **4.** ауыс. *Сән, ажар, көрік // Тамаша, қызық.*

**Гүл алаңы.** *Гүл егілген жер, гүл өсіп тұрған кеңістік, жер.* **Гүл атты**. *Гүл шашты, гүл жарды.* **Гүл ашты.** *Гүлдеді, шешек атты.* **Гүл бақ.** *Гүл өскен бақ.* **Гүл бақша.** *Неше түрлі гүл, алуан түрлі өсімдік өскен жер.* **Гүлге орады.** *Гүлге толтырды, гүлге бөледі.* **Гүл жазира.** *Гүлденген, гүл жайнаған алқап.* **Гүл жайнады.** а) *Көз тартатындай боп көркейді, түрленді.* ә) *Масайрап күлімдеді, құлпырды.* **Гүл жарды.** а) *Гүл ашты, гүлдеді.* ә) *Құлпырды, жайнады, гүлденді.* **Гүл жастанды.** *Рақаттанды, жаны жай тапты.* **Гүл заман.** *Жайнаған, құлпырған кезең.* **Гүл кешті.** поэт. *Байлықта, сауықпен өмір сүрді.* **Гүл [гүлге] оранды.** *Жаппай гүлдеді, гүлге толды.* **Гүл өсіру шаруашылығы.** бот. *Гүл өсіретін шаруашылық саласы.* **Гүл табаны.** биол. *Сағақтың ұшы, гүл кіндігі.* **Гүл тостағаншасы**. бот. *Гүлдің немесе бүршіктің сыртқы қабы.* **Гүл төкті.** поэт. *Тегіс, жаппай гүлдеді.* **Гүл түлетті.** *Гүл шығарды.* **Гүл ұсынды.** *Гүл берді, құттықтады.* **Гүл шақ.** поэт. *Құлпырған, жайнаған кез.* **Гүл шашты.** а) *Тегіс гүл төкті, гүлдеді.* ә) *Жайнады, құлпырды.* **Гүл шоғыры.** бот. *Орталық негізгі гүлсидамға (өзгерген сабақ) топтанып орналасқан ұсақ гүлдер.* **Гүлі солды.** *Қайғы-қасіретке ұшырады.* **Гүлі төгілген.** поэт. *Гүлді, гүлі көп.*

**ГҮЛАНАЛЫҚ** зат. биол. *Гүлдің жеміс түзілетін негізгі бөлімі, гүлдің көбеюге қатысатын бөлімі.*

**ГҮЛ-БӘЙШЕШЕК** зат. <лат. crocus> *Түрлі-түсті көктем гүлі.*

**Гүл-бәйшешекке бөленді.** *Гүл-бәйшешекке толды.* **Гүл-бәйшешекке орады.** *Гүлдендірді, гүл-бәйшешекке толтырды.*

**ГҮЛ-ГҮЛ** сын. *Түрліше, арайлана.*

**Гүл-гүл жайнады.** *Құлпырды, жайнады.*

**ГҮЛГҮЛ** зат. жаңа. *Қолдан ұқыптылықпен жиналған гүлдер орамасы.*

**ГҮЛ-ГҮЛІМ** зат. поэт. **1.** *Құшақ-құшақ гүл.* **2.** ауыс. *Қадір тұтқан адамға немесе сұлу қызға қаратыла еркелету мәнінде айтылатын поэтикалық қолданыс.*

**ГҮЛДЕ=** ет. **1.** *Гүл шашу, гүл ашу, гүл шешегін жару.* **2.** ауыс. *Құлпырып, жайнау.* **3.** ауыс. *Өркендеу, өсу.* **4.** *Қуану, шаттану.*

**ГҮЛДЕЙ** сын. *Гүл сияқты, гүл тәрізді.*

**Гүлдей жайнады.** *Ажары нұр шашып, құбылып-құлпырды.* **Гүлдей солды.** *Жойылды, жоғалды.*

**ГҮЛДЕН=** ет. **1.** *Гүл шешек ату.* **2.** ауыс. *Көркею, жайнау, құлпыру.* **3.** ауыс. *Шаттану, қуанышқа бөлену.* **4.** ауыс. *Жетілу, өркендеу, даму.*

**ГҮЛДЕНДІР=** ет. *Жайнату, құлпырту, көркейту.*

**ГҮЛДЕНТ=** ет. *Құлпырту, жайнату, көркейту.*

**ГҮЛДЕНТУ** *Гүлдент етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮЛДЕНУ** *Гүлден етістігінің қимыл атауы.*

**Гүлдену кезеңі.** бот. *Гүлді өсімдіктердің бүршігінде гүлшанағы түзілуінен бастап, гүлсерігі мен аталықтарының гүлдеп бітуге дейінгі кезеңі.*

**ГҮЛДЕСТЕ** зат. *Дөңгелек етіп өріліп, негізінен қабір, ескерткіштерге қойылатын гүл, бұтақ не жасанды гүл.*

**ГҮЛДЕТ=** ет. *Жайнату, гүлдендіру.*

**ГҮЛДЕУ** *Гүлде етістігінің қимыл атауы, гүл шашу, гүл ашу.*

**ГҮЛДІ** сын. *Гүлі бар, гүлі көп. // Гүл суреті бар.*

**ГҮЛДІ-ГҮЛДІ** сын. *Гүлі бар, гүлі көп, гүл көп салынған.*

**ГҮЛДІК** зат. *Гүл егілетін алаң.*

**ГҮЛДІР** зат. *Дыбыс, үн, дауыс, салдыр.*

**ГҮЛДІРЛЕ=** ет. *Салдыр-гүлдір ету.*

**ГҮЛДІРЛЕУ** *Гүлдірле етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮЛЖАПЫРАҚ** зат. бот. <грек. bracteae> *Өсімдіктің гүлсағағы мен гүлшоғырдың негізгі сағағының қолтығынан өсіп шығатын және кейбір өсімдіктердің гүл тостағаншасының астыңғы жағына қаптай орналасқан өзгерген жапырақ.*

**ГҮЛЖАПЫРАҚТЫ** зат. бот. <лат. marsiliaceae> *Көпжылдық шөптесін сужағалық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ГҮЛЖЕМІР** зат. биол. *Алма гүлін жейтін құрт, қоңыз.*

**ГҮЛЗАР** [ир. گل زار] зат. *Гүл өсіретін орын. // Жайнаған, гүл сияқты құлпырған.*

**ГҮЛКЕКІРЕ** зат. өс. <лат. centaurea> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық өсімдіктер туысы.*

**ГҮЛКЕСТЕ** зат. *Оюлап тігілген гүл кестеленген кесте.*

**ГҮЛКІНДІК** зат. бот. *Өнген гүлдің сабаққа орналасқан түбі; гүл табаны.*

**ГҮЛМАЙСА** зат. *Гүлденген, бәйшешек атқан төңірек, маңай.*

**ГҮЛПАР** [ир. گلپر] зат. биол. *Күлте жапырақты гүлдің бір түрі.*

**ГҮЛСАБАҚ** зат. бот. *Гүлдің тамырынан басына дейінгі бұтақты, жапырақты бөлігі.*

**ГҮЛСАҒАҚ** зат. бот. *Гүл бекінетін және гүлді сабақпен байланыстырып тұратын өркеннің түрін өзгерткен сабағы.*

**ГҮЛСАЛҒЫШ** зат. *Гүл қоятын ваза, ыдыс, құты.*

**ГҮЛСЕРІК** зат. бот. <грек. perianthium peri – қасында, жанында, anthos – гүл> *Гүлдің тостағаншасы мен күлтесі.*

**ГҮЛСЕРІКТІ** сын. бот. *Гүлсерігі бар.*

**ГҮЛСИДАМ** зат. бот. *Ұшы гүлмен немесе гүлшоғырмен бітетін қысқа сабақтың ұзын буын аралығы, яғни түрін өзгерткен сабақ.*

**ГҮЛСТАН** [ир. گلستان] зат. көтеріңкі. *Гүлденген, жайнаған жер, аймақ, ел.*

**ГҮЛСТАНДАЙ** сын. сөйл. *Гүлстан тәрізді, гүлстан сияқты.*

**ГҮЛСІЗ** сын. *Гүлі жоқ.*

**ГҮЛТАМАҚ** зат. бот. *Гүл бүршігі.*

**ГҮЛТӘЖІ** зат. бот. <лат. amaranthus> *Бір және көпжылдық шөптесін, бұта, ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**ГҮЛТОСТАҒАН** зат. бот. *Жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің сыртқы қабығы. Гүл тұқымын ораған қауыз, гүл қауызы.*

**ГҮЛТҰҒЫР** зат. бот. *Гүлдің негізгі бөлімдері орналасатын гүлсағақтың ең жоғарғы кеңейген бөлімі.*

**ГҮЛШАҚА** зат. қолөнер. *Гүл оюлау өрнегінің аты, оюдың бір түрі.*

**ГҮЛШАНАҚ** зат. бот. <франц. bouton> *Өсімдіктердің гүл бүршігінің ішіндегі жаңа дамып келе жатқан, әлі ашылмаған гүл.*

**ГҮЛШЕ** үст. *Гүл секілді, гүлге ұқсаған.*

**ГҮЛШЕҢ** сын. *Гүл сүйгіш, гүл өскіш.*

**ГҮЛШЕҢБЕР** зат. бот. <грек. anthos – гүл, sphaira – шар, шеңбер> *Арнайы бездерінің иістері тараған жеке гүл маңайы және шірне, тозаңды пайдаланушы, тозаңдандырушы жәндіктердің тіршілік әрекетін жасайтын жері.*

**ГҮЛШЕТЕН** зат. бот. <лат. syrinda vulgaris>. *Суық пен қуаңшылыққа төзімді, биігірек өсетін өсімдік.*

**ГҮЛ-ШЕШЕК** зат. *Гүл-бәйшешек, бүршік атқан гүл.*

**Гүл-шешек атты [жарды].** а) *Тегіс гүлдеп құлпырды;* ә) *жетілді, толысты, кемелденді.*

**ГҮЛ-ШЕШЕКТЕЙ** сын. *Гүл-шешек сияқты, гүл-шешек тәрізді.*

**ГҮЛШОҚ** зат. *Бір жерде, бір түпте өскен топ гүл.*

**ГҮЛШІК** зат. бот. *Кішкентай гүл.*

**ГҮМАН** [ар. گمان] зат. көне. *Қайғы, уайым.*

**ГҮМБІР** сын. сөйл. ***Күмбір.***

**ГҮМБІР-ГҮМБІР** сын. сөйл. ***Күмбір-күмбір.***

**ГҮМБІРЛЕ=** ет. сөйл. ***Күмбірле.***

**ГҮМБІРЛЕТ=** ет. *Қатты, екпіннен ойнату.*

**ГҮМП** елік. *Суға құлағанда, сүйығы мол затқа түскенде шығатын дыбыс.*

**Гүмп берді [етті].** *Суға бірден қойып кетті, құлады.*

**ГҮМП-ГҮМП** елік. *Бірнеше адам не зат суға құлағанда, не сүйығы мол затты қайта-қайта піскенде шығатын дыбыс.*

**Гүмп-гүмп етті.** *Гүмпілдеді, бос кеңістікке қайта-қайта түскен күштің дыбысы.*

**ГҮМПІ=** ет. *Быршып ашу, гүмпию.*

**ГҮМПІЛДЕ=** ет. **1.** *Гүмп-гүмп етіп бір қалыпты дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Күңкілдеу, күңк-күңк ету.*

**ГҮМПІЛДЕТ=** ет. *Гүмп-гүмп еткізіп дыбыс шығарту.*

**ГҮМПІЛДЕТУ** *Гүмпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮМПІТ=** ет. *Күмп еткізіп суға бірден батыру.*

**ГҮМПІТУ** *Гүмпіт етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮН** зат. ***Ғұн.***

**ГҮНӘЙІ** зат. ескікіт. *Дінге, шариғатқа қайшы іс, теріс әрекет*

**ГҮНАҺ** зат. ескікіт. ***Күнә.***

**ГҮНАҺӘР** зат. ескікіт. ***Күнәһар.***

**ГҮНЕКЕР** зат. ескікітаби. ***Күнәһар.***

**ГҮНДУ** моңғ. зат. *Салық қызметін тексеруші.*

**ГҮҢ** зат. тар. *Цинь империясында қолданылған лауазым, сұлтандық дәреже; шен аты.*

**ГҮП: гүп болды.** *Күп болып істі.* **Гүп қылды.** *Дүрдиіп ісірді, жалпайтты, күп қылды.*

**ГҮПІЛДЕ=** ет. сөйл. ***Күпілде.***

**ГҮПІЛДЕУ** *Гүмпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮР** елік. *Оқыстан гүрілдеп шыққан жуан дауысты бейнелейтін сөз.*

**Гүр етті.** а) *Гүрілдеді, гүжілдеді.* ә) *Гүрілдеген жуан дауыспен сөйлейді.* б) *От лау етіп, бірден жанды.* в) *Ит ыр ете түсті.* **Гүр-гүр етті.** а) *Ыр-ыр, ар-ар етті.* ә) *Даусы гүрілдеп шықты.* б) *Су сарқырап, долдана қатты ақты.*

**ГҮРЗІ** [ар. گورزی] зат. *Ауыр шоқпар түрі.*

**ГҮРЗІДЕЙ** сын. сөйл. *Гүрзі сияқты, гүрзі тәрізді.*

**ГҮРЖІ** зат. сөйл. *Грузин.*

**ГҮРЛЕ=** ет. *Гүрілдеу, күшею.*

**ГҮРС** елік. *Нәрсенің кенет құлауынан, я қарудың атылуынан шыққан дыбыс, үн.*

**Гүрс етті.** а) *Қатты, тығыз, ауыр зат келіп соқтығысты, ұрылды.* ә) *Тарс етіп атылды.* б) *Ойламаған жерден құлады.* в) *Гүрсілдеген, дүрсілдеген, тарсылдаған қатты дыбыс шығарды.*

**ГҮРС-ГҮРС** елік. *Бірнеше рет тарсылдаған, гүрсілдеген қатты дыбыстарды бейнелейтін сөз.*

**ГҮРСІЛ** зат. *Гүрс-гүрс еткен дыбыс, дүрсіл, тарсыл.*

**Гүрсіл қақты.** *Жиі гүрсілдеді, гүрсілдеп атылды.*

**ГҮРСІЛДЕ=** ет. *Гүрс-гүрс ету, тарсылдау.*

**ГҮРСІЛДЕТ=** ет. *Гүрс-гүрс еткізу.*

**ГҮРІЛ** зат. *Гүр-гүр еткен, гүрілдеген дыбыс.*

**ГҮРІЛДЕ=** ет. **1.** *Трактор, танк т.б. техникалық құралдардың гүр-гүр етіп дыбыс шығаруы.* **2.** *Судың сарқырап қатты ағуы.* **3.** *Айбат шегу.* **4.** *Гүр-гүр етіп жуан дауыспен сөйлеу.* **5.** *Оттың лаулап, тасырлап жақсы жануы.*

**ГҮРІЛДЕК** сын. *Дауысы жуан.*

**ГҮРІЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Аздап гүрілдеу.*

**ГҮРІЛДЕС=** ет. *Бір-біріне гүр-гүр етіп, айбат шегу.*

**ГҮРІЛДЕТ=** ет. **1.** *Гүр-гүр еткізу.* **2.** ауыс. *Екпіндету, қарқындату.*

**ГҮРІЛДЕУ** *Гүрілде етістігінің қимыл атауы.*

**ГҮТІР** зат. *Қатты нәрсені шайнағанда, уатқанда, сындырғанда шығатын дыбыс.*

**Гүтір еткізді.** *Гүтірлетті, қытырлатты, шайнады.* **Гүтір етті.** *Шатырлады.*

**ГҮТІРЛЕ=** ет. *Гүтір-гүтір ету, шатырлау.*

**ГІЛ** үст. сөйл. ***Кіл.***

**ГІР** зат. сөйл. ***Кір.*** **1.** *Заттарды өлшеуде, таразыларды тексеруде пайдаланылатын масса шамасы.* **2.** спорт. *Ауыр атлетикадағы ұстайтын тұтқасы бар металл шар түріндегі спорт снаряды.*

**Гір көтеру.** ***Кір көтеру.***

**ГЯЗ** зат. тар. *Орта ғасырларда Азия аймағында қолданылған араб-парсы тілінен енген биіктік, ұзындық өлшем мөлшері.*

**ГЯЗДАЙ** сын. сөйл. *Гяз көлеміндегі, гяз мөлшеріндегі.*

# Ғ

**Ғ 1.** *Тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалатын ұяң дауыссыз дыбыс.* **2.** *Реттеп санау жүйесінде алтыншы дегенді білдіреді.*

**ҒАБАЛАҚТА=** ет. жерг. *Қалбалақтау, асты-үстіне түсіп күту.*

**ҒАД** [ар. عاد] зат. діни. *Көне заманда өмір сүрген халық атауы.*

**ҒАДАЛАТ** зат. ескікіт. ***Әділет.***

**Ғадалат қылды.** *Түзу жүрді, адал болды.*

**ҒАДАЛАТТЫ** сын. ескікіт. ***Әділетті.***

**ҒАДАЛАТТІЛІК** зат. ескікіт. ***Әділеттілік.***

**ҒАДАМ** [ар. عدم] мод. ескікіт. *Жоқ, ғайып.*

**ҒАДАТ** зат. ескікіт. ***Әдет.***

**ҒАДАТТАН=** ет. ескікіт. ***Әдеттен.***

**ҒАДАУАТ** [ар. عداوة] зат. көне. **1.** *Дұшпандық, зұлымдық, жеккөрушілік.* **2.** *Қырғиқабақтық, азап, қиыншылық.*

**ҒАДАУАТТА=** ет. көне. *Бүлдіру, сойқан салу.*

**ҒАДЕТ** зат. ескікіт. ***Әдет.***

**Ғадет етті.** ескікіт. *Әдетке айналды.*

**ҒАДЕТ-ҒҰРЫП** зат. ескікіт. ***Әдет-ғұрып.***

**ҒАДЕТТЕН=** ет. ескікіт. ***Әдеттену.***

**ҒАДЕТТЕРІНШЕ** үст. ескікіт. ***Әдеттерінше.***

**ҒАДИСА** ар. зат. ескікіт. *Әдиса, таңғажайып оқиға, хикая; сөз.*

**ҒАДІЛ** сын. ескікіт. **1.** ***Әділ.*** **2.** *Турашыл.*

**ҒАДІЛДІК** зат. ескікіт. **1.** ***Әділдік.*** **2.** ***Турашылдық.*** **3.** діни. *Әділ тәртіп, көзқарас.* **4.** ескікіт. *Ізгілік.* **5.** *Шындық, тазалық, дұрыстық.*

**ҒАДІЛЕТ** зат. ескікіт. **1.** ***Әділет.*** **2.** *Ізгілік.* // *Әділ, дұрыс.*

**ҒАДІЛЕТСІЗ** сын. ескікіт. *Әділетсіз.*

**ҒАДІЛЕТСІЗДІК** зат. ескікіт. ***Әділетсіздік.***

**ҒАДІЛЕТТІ** сын. ескікіт. ***Әділетті.***

**ҒАДІЛЕТШІЛ** сын. ескікіт. *Әділетшіл.*

**ҒАДІЛШІЛІК** зат. ескікіт. ***Әділдік.***

**ҒАЖАБИ** сын. ескікіт. ***Ғажап.***

**ҒАЖАЙЫП** [ар. عجائب] сын. **1.** *Керемет, тамаша, ғажап.* **2.** *Таңқаларлық, қызық, жұмбақ.* **3.** *Ерекше, өзгеше.* // *Таңқаларлық жай, құбылыс.* // *Таңқалғанда, басқа айтатын сөз табылмағанда айтылады.*

**Ғажайып дүние.** *Ертегідегідей, ерекше ғажап әлем.* **Ғажайып сәт.** *Еліктіріп әкететін, ерекше әсем сезімге бөлейтін қысқа уақыт.* **Ғажайып түс.** көтер. *Көп адамға кіре бермейтін, ерекше, есте қаларлық түс, аян беретін түс.*

**ҒАЖАЙЫПТАН=** *Таңғалу, таңырқау.*

**ҒАЖАЙЫПТАНУ** *Ғажайыптан етістігінің қимыл атауы.*

**ҒАЖАМ** [ар عجم] зат. ескі кіт. *Арабтардан басқа халық, бөтен ел.*

**ҒАЖАМДЫҚ** сын. ескі кіт. *Араб емес, парсылық.*

**ҒАЖАП** [ар. عجب] зат. **1.** *Керемет, ғажайып.* **2.** *Тамаша, өте қызық, таңқаларлық.* **3.** *Шебер жасалған, келісті.* **4.** *Өзгеше, ерекше.* // *Таңқаларлық құбылыс, қасиет, нәрсе.* // *Аң-таң болып, қайран қалғанда айтылады.* // *Таң қалу, таңдану, сүйсіну мағынасында қолданылады.*

**Ғажап емес.** *Таңқаларлық емес, таңқалатын ештеңесі жоқ, солай болуы әбден мүмкін.* **Ғажап қалды.** *Таңданды, таңырқанды.*

**ҒАЖАПТАН=** ет. **1.** *Таңдану, таңырқау, қайран қалу.* **2.** *Сүйсіну, қызығу.*

**ҒАЖАПТАНУ** *Ғажаптан етістігінің қимыл атауы; таңдану, қайран қалу.*

**ҒАЖАПТЫҚ** зат. *Кереметтік, ерекшелік.*

**ҒАЖАПТЫЛЫҚ** зат. **1.** сөйл. ***Ғажаптық.*** **2.** тех. *Элементар бөлшектердің күшті және электромагниттік өзара әсер кезіндегі қасиеттерін сипаттайтын аддитивтік кванттық сан.*

**ҒАЖИЗДІК** зат. ескікіт. ***Ғазиздік.***

**ҒАЗАБАТ** зат. діни. **1.** ***Ғазауат*** *(діни жорық, қасиетті соғыс).* **2.** *Азаттық, бостандық үшін күрес, шабуыл, шапқын.* **3.** *Қиыншылық заман, қиын-қыстау кезең.*

**ҒАЗАБАТШЫ** зат. діни. *Ғазауатшы.*

**ҒАЗАЗЫЛ** зат. ескікіт. ***Әзәзіл.***

**ҒАЗАЗЫЛДЫҚ** зат. ескікіт. ***Әзәзілдік.***

**ҒАЗАЛ** [ар. غزل] зат. ескікіт. **1.** *Діни, сопылық, диуана өлеңдері.* **2.** ***Ғазел.*** **3.** әдеб. *Орта ғасырлардағы Шығыс поэзиясында ерекше дамыған үлкен он екі бәйітке дейін тұратын шағын лирикалық өлең, ғашықтық, махаббат туралы өлеңдер айту дәстүрі.* **4.** әдеб. *Шығыс ақындарының қазіргі ақындарда жалғасқан лирикалық өлең өлшемдері.* **5.** *Аңсап, жоқтап айтылған зарлы өлеңдер.*

**ҒАЗАЛШЫЛЫҚ** зат. әдеб. *Ғазал өлшеміне сай өлең жазу тәсілі.*

**ҒАЗАМАТ** [ар. عظامة] зат. ескікіт. *Ұлылық, құдірет.*

**ҒАЗАП** зат. ескікіт. ***Азап.***

**Ғазап көрді [тартты].** ескікіт. *Азапқа түсті, қайғы шекті.*

**ҒАЗАПТЫ** сын. ескікіт. ***Азапты.***

**ҒАЗАТТЫҚ** зат. ескікіт. ***Азаттық.***

**ҒАЗАУАТ** [ар. غزوات] зат. діни. **1.** *Дін жолындағы қасиетті соғыс.* **2.** *Соғыс, шапқын, майдан.* // *Қырғын, алапат, сұмдық.*

**ҒАЗАУАТШЫ** зат. діни. *Ғазауат соғысын жақтап, соғысқа қатысушы.*

**ҒАЗЕЗ** сын. сөйл. ***Ғазиз.***

**ҒАЗЕЗІЛДЕЙ** зат. ескікіт. ***Әзәзілдей.***

**ҒАЗЕЛ** [ар. غزل] зат. ескікіт. ***Ғазал*** *(араб, парсы, тәжік және т.б. түркі тілдес халықтар поэзиясында орта ғасырларда ерекше дамыған, кемі үштен он екіге дейінгі бәйіттен тұратын шағын лирикалық өлең).*

**ҒАЗИЗ** [ар. عزيز] сын. **1.** *Ізгі тілекті, пәк көңілді.* **2.** поэт. *Сүйікті, ардақты (ана, әке т.б.).* **3.** поэт. *Ғашық.* **4.** *Таза, адал, қасиетті.* **5.** *Қадірлі, бағалы, аяулы.* // *Ардақты, қадірлі жан.*

**Ғазиз айтты.** *Басу айтты.* **Ғазиз басы.** экспр. *Ардақты, бағалы, қасиетті жан, тұлға.* **Ғазиз жан.** поэт. *Асыл, ардақты жан деген мағынада қастерлеу, қадір тұтуды білдіретін сөзқолданыс.* **Ғазиз тұтты.** *Ардақтады, сыйлады.*

**ҒАЗИЗЛЕ=** ет. ескікіт. ***Ардақтау.***

**ҒАЗИМ** [ар. عظيم] зат. ескі кіт. *Аса құрметті, аса қалаулы адам.*

**ҒАЗИМАТ** [ар. عظامة] зат. ескі кіт. *Маңызды іс, үлкен жағдай; бәле, қырсық, бақытсыздық.*

**ҒАЗЫ** [ар. غازى] зат. ескі кіт. *Қасиетті соғыс – ғазауатқа қатысушы мұсылман, әділетті соғыс қаһарманы; дін үшін күресуші.*

**ҒАЗЫМ** [ар. عظيم] сын. ескікіт. **1.** *Алып, әсем, тамаша.* **2.** *Ұлы, атақты.*

**ҒАЗЫРАЙЫЛ** зат. сөйл. **1.** ***Әзірейіл.*** **2.** ауыс. *Жан алғыш.*

**Ғазраил [періште] жанын алды.** діни. *Діни наным бойынша Алланың әмірімен жаналғыш періште – Әзірейіл адамды осы дүниедегі тіршілігінен айырды.*

**ҒАЗІЗ** сын. ескікіт. ***Ғазиз.***

**ҒАЗІРЕТ** [ар. حضرت] зат. ескі кіт. діни. *Жарылқаушы, құт әкелуші, пір.*

**Ғазірет әлі.** діни. ***Әзіретәлі.*** **Ғазырет Қызыр ие.** діни. *Жарылқаушы, құт иесі Қыдыр.*

**ҒАЙБАНА** сын. сөйл. ***Қаймана.***

**ҒАЙБАТ**[1] [ар. غيبة] үст. ***Әйбат.***

**ҒАЙБАТ**[2] [ар. غيبة] зат. ескі кіт. **1.** *Көре алмаушылықтан туындайтын ашу-ыза, қызғаныш сезімнің көрінісі, өсек-аяң, жалған сөз.* **2.** ***Жала.***

**Ғайбат айтты.** *Сыртынан жамандады, сөкті, біреудің үстінен намысына, арына тие сөйледі.* **Ғайбат сөз.** *Өтірік, жала сөз.* **Ғайбат сөйледі.** *Сыртынан өсек қылды, даттады.*

**ҒАЙБАТТА=** ет. ескікіт. **1.** *Сырттан жамандап сөз ету, өсектеу.* **2.** *Кінәлау.* **3.** *Жала жабу, қаралау, даттау.*

**ҒАЙБАТТАУ** *Ғайбатта етістігінің қимыл атауы; сыртынан жаман сөз айту, жала жабу, даттау.* // *Жеке адамның, белгілі бір топтың, ұйымның жақсы қасиеттерін көре алмаушылықтан туындайтын ашу-ыза, қызғаныш сезімнің көрінісі.*

**ҒАЙБАТШЫ** зат. *Сыртынан даттап, жала жабушы, өсек-аяң таратушы.*

**ҒАЙБАТШЫЛ** сын. *Біреуді сырттан даттап сөз еткіш, өтірік-жала жабуға жаны құмар.*

**ҒАЙРИ** [ар. غير] сын. ескікіт. *Басқа, өзге, өңге.*

**ҒАЙЫБЫНАН** үст. *Аяқ астынан, күтпеген жерден.*

**ҒАЙЫН** [ар. غين] зат. *Араб әліпбиіндегі ғ әрпінің айтылуы.*

**ҒАЙЫП**[1] [ар. غائب] зат. діни. **1.** *Адамның ақыл-ойы, танымы, қабілеті шегінен жоғары тұрған құпия, тек Алла тағалаға ғана тән білім, тылсым.* **2.** *Құпия, жұмбақ, тылсым күш.* **3.** *Көзге түспейтін қазына, тылсым дүние әлемі.* **4.** діни. *Шейіттік қауым түсінігінде қалыптасқан имамның көзге көрінбей, жасырын өмір сүруі туралы ұғым.*

**Ғайып болды.** а) *Жоқ болды, үшты-күйлі жоғалды.* ә) *Кенеттен көзден таса болды, ізтүзсіз жоқ болды.* б) *Жасырын, құпияға айналды.* в) *Жоғалды, жоқ болды, айрылды.* **Ғайыптан тайып.** жерг. *Кенеттен, жоқ жерден.* **Ғайыпты болжады.** *Болашаққа көріпкелдік, сәуегейлік жасады.* **Ғайыпты кесіп айтты.** *Тап басып, дәл болжады.*

**ҒАЙЫП**[2] зат. ескікіт. ***Айып.***

**Ғайып етпе [ғайыпқа бұйырма].** ескікіт. *Айып етпе, айыпқа бұйырма.*

**ҒАЙЫПАНА** сын. ескікіт. *Көзге көрінбей, желеп-жебеп жүретін жасырын, көзден тыс (күш).*

**ҒАЙЫПЕРЕН** зат. діни. *Мұсылмандар арасында сопылық ілім ықпалымен тараған түсінік бойынша ерекше қасиеттерге қол жеткізген әулиелер.*

**Ғайыперен қырық шілтен.** *Рухани биікке көтеріліп, құпия заңдылықты игерген, мұсылмандардың жетілуіне ықпал етіп отыратын, қысылған шақта демеу беріп, жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі әулиелер, абдал.*

**ҒАЙЫППІР** зат. діни. *Құпия, көзге көрінбейтін демеуші.*

**ҒАЙЫПСЫЗ** сын. *Мінсіз, кінәсіз.*

**ҒАЙЫПТАН** үст. *Кенеттен, ойламаған жерден.*

**Ғайыптан болжайтын.** *Құпия, тылсым күшпен байланысып, алыстан болжайтын көріпкелдігі, сәуегейлігі бар.* **Ғайыптан түскендей [шыққандай].** *Жоқ жерден, кенеттен, аспаннан түскендей.*

**ҒАЙЫПТАН=** ет. *Үшты-күйлі жоғалу, ізтүссіз кету.*

**ҒАЙЫПТЫ** сын. ескікіт. ***Айыпты.***

**ҒАЙЫР** сын. *Үлкен, кең, байтақ.*

**ҒАЙЫРЫ** [ар. غير] шыл. *Бір нәрсенің жоқтығын білдіретін демеулік.*

**ҒАЙЫШ-ҒИШРАТ** зат. ***Ғиш-ғишрат.***

**ҒАҚАЙД** [ар. عقائد] зат. діни. *Құдайды тану туралы теологиялық ілімдер жүйесі.*

**ҒАҚИЯ** сын. ескікіт. *Адамшылықтың алды; махаббат, сезім.*

**ҒАҚЛИ** [ар. عقلى] зат. *Ақыл-ой, рационалдық.*

**ҒАҚЛИЯ** [ар. عقليه] зат. *Ақыл-сананың, парасаттылықтың өсіп жетілген дәрежесін көрсететін, дүние сыры терең таразыланған ой-пікірді философиялық тұрғыда тұжырымдайтын трактат; шығарма.* **2.** филос. *Тұжырым, нақыл сөз.* **3.** *Ақыл айту, арнау сөз, өсиет сөз.*

**ҒАҚЛИЯДАЙ** сын. *Ғақлия сияқты.*

**ҒАҚЛИЯЛЫҚ** сын. *Ғақлияға тән, үлгілілік, өнегелік.*

**ҒАҚЛИЯТ** [ар. عقليه] зат. ескікіт. *Барлығына ақылмен, санамен, таныммен жетушілік.*

**ҒАҚЫЛ** зат. ескікіт. ***Ақыл.***

**Ғақыл айтты [болды].** *Ақыл айтты, ақылды болды.* **Ғақыл сөз.** *Өнеге, тәрбие ретінде айтылатын сөз.*

**ҒАҚЫТ** [ар. عقد] зат. ескікіт. *Қыз бен жігіттің некелік уәдесі.*

**ҒАЛАЙЫССАЛАМ** [ар. عليه السلام] зат. діни. *«Оның үстіне бейбітшілік орнасын, ол тыныштықта болсын» деген мәнде пайғамбарлардың, имамдардың, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу.*

**ҒАЛАМ** [ар. عالم] зат. **1.** ***Әлем.*** **2.** *Шындық дүние, болмыс.* **3.** *Алуан түрлі формада болатын әрі үдайы өзгеріп отыратын, кеңістік пен уақыт бойынша шеті де, шегі де жоқ бүкіл дүние.* **4.** *Адамның ішкі, сыртқы жан дүниесі.*

**Ғаламда жоқ.** *Дүниеде баламасы жоқ.* **Ғаламды аузына қаратты.** *Өзінің ақыл, білім, өнері т.б. қасиетімен әлемнің назарын аударды, мойындатты, жеңді.* **Ғаламды талақ етті.** *Бұл дүниеден безініп, түңіліп кетті.* **Ғалам сыры.** *Ғалам кеңістігінің құпиясы, жасырын жақтары.*

**ҒАЛАМАТ** [ар. علامت] сын. көтер. **1.** *Айтып жеткізгісіз, керемет, тым ғажап.* **2.** *Жан түршігерлік, жойқын, дүлей.* **3.** *Жердүниені алатындай күшті.* **4.** *Ерекше, елден ерек.* **5.** *Таңғажайып, таңқаларлық.* **6.** *Ерекше, сұлу.* // *Таңғажайып құбылыс.* // *Бұқаралық сана мен адам сезімінің белгілі бір қалпына тән ұғым.*

**ҒАЛАМАТШЫЛ** сын. *Қиял-ғажайыпшыл.*

**ҒАЛАМДАНУ** зат. жаңа. ***Жаһандану.***

**ҒАЛАМДЫҚ** сын. көтер. *Әлемдік, жержүзілік.*

**Ғаламдық ракета.** әск. *Жер шеңберінің жартысынан асатын қашықтықты ұшып өте алатын және жер шарының кез келген нүктесіндегі нысананы жоюға қабілетті баллистикалық ракета.* **Ғаламдық соғыс.** *Бүкіл жер шарын қамтитын жалпыға ортақ соғыс.*

**ҒАЛАМТОР** *Бір-бірімен ақпарат алмасатын көптеген компьютерлік желілер мен компьютерлерді біріктіретін жалпы әлемдік ақпараттық желі; интернет*

**ҒАЛАТ** зат. ескікіт. ***Қалет.***

**ҒАЛАТСЫЗ** сын. ескікіт. *Мүлтіксіз, қатесіз, қалтқысыз.*

**ҒАЛЕМ** зат. сөйл. ***Ғалам.***

**ҒАЛЕМЕТ** сын. сөйл. ***Ғаламат.***

**ҒАЛЖА** [ар. خلوة] зат. діни. *Өмірді жалғыз өткізу, жұрттан бөлініп оңашалану.*

**ҒАЛИ** [ар. عالى] сын. ескікіт. *Жоғары, ұлы, атақты.*

**ҒАЛИСАН** сын. жерг. *Өнерпаз, сегіз қырлы, бір сырлы.*

**ҒАЛЛА** зат. жерг. ***Астық.***

**ҒАЛЫМ** [ар. عالم] зат. **1.** *Оқымысты, ғұлама.* **2.** *Ғылымның белгілі бір саласын жетік игерген білімдар адам, маман.*

**Ғалым хатшы.** *Ғылыми мекеменің жұмысын ұйымдастырушы.*

**ҒАЛЫМДЫҚ** зат. **1.** *Ізденушілік, зерттеушілік.* **2.** *Білімге құштарлық, ізденушілік қабілет. // Ғалымға тән.*

**ҒАЛЫМСУ** экспр. *Ғалымсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҒАЛЫМСЫ=** ет. экспр. *Ғылым-білімге жеткенсу, ғалым сияқтану, данасыну, білгірсіну.*

**ҒАЛЫМСЫМАҚ** зат. экспр. *Нағыз ғалым емес, ғалым атын жамылушы.*

**ҒАМ** [ар. غم] зат. ескікіт. ***Қам*** (қайғы, мұң).

**ҒАМАЛ** зат. ескікіт. ***Амал.***

**Ғамал қылды [етті].** *Айла жасады, тәсіл қолданды, әрекет етті.* **Ғамал таппады.** *Еш нәрсе істей алмады, қолынан келмеді, шара қолданбады.* **Ғамалы жоқ.** *Амалы жоқ, амалы қалмады.*

**ҒАМАЛДА=** ет. ескікіт. *Амалдау, әдіс-тәсіл қолдану.*

**ҒАМКҮН** сын. ескікіт. *Қамкөңіл, қайғылы.*

**ҒАНА** шыл. *Шектеу, кішірейту мәніндегі қана демеулік шылауының дыбыстық варианты.*

**ҒАНИ** [ар. غني] сын. *Бай, ауқатты, күйлі.*

**ҒАНИБАТ** зат. ескікіт. ***Ғанибет.***

**ҒАНИБЕТ** [ар. غنيمة] зат. **1.** *Рақат күй, бақытты жай.* **2.** *Қызық, қуаныш.* **3.** *Мәртебе, игілік, олжа.*

**ҒАНИБЕТТІ** сын. *Жарасты, жақсы.*

**ҒАНИБЕТШІЛІК** зат. *Жақсылық, жарастық, шүкіршілік.*

**ҒАНИМАТ** зат. ескікіт. ***Ғанибет.***

**ҒАНИМЕТ** зат. ескікіт. ***Ғанибет.***

**ҒАНИПАТ** зат. ескікіт. *Дұрыс, оңды.*

**ҒАНОЛ-ХАЯТ** зат. миф. *Мифологиялық ұғым бойынша Каф тауының ар жағындағы қияметке дейін өмір беретін суы бар өмір бұлағы.*

**ҒАНЫШ** зат. жаңа. ***Гипс.***

**ҒАНЫШТАН=** ет. геол. ***Гипстену.***

**ҒАПУ:** [ар. عفو] **ғапу ет.** *Кешіріңіз, айып етпеңіз, сөкпеңіз деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.*

**Ғапу қыл.** *Кешір, кешіріммен қара деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.*

**ҒАПУЛЫҚ** зат. *Кешірім.*

**Ғапулық сұрады [өтінді].** *Кешірім сұрады, кешіруін қалады.*

**ҒАПЫЛ**[1] [ар. غافل] сын. ескікіт. **1.** *Тосын, тез.* **2.** *Өткінші.*

**Ғапыл болды.** *Қапы қалды, арманда болды, опық жеді.* **Ғапыл жатты.** *Шаруасыз, бос, болды.* **Ғапыл жүрді.** *Жайбарақат, босқа, бейқам, алаңсыз өмір сүрді.* **Ғапыл келді.** *Тосын келді, аңдаусызда келді.* **Ғапыл кетті.** *Қапы кетті, қателесті, мүлт кетті.* **Ғапыл қалу [қалмай].** *Қапы қалма, қапыда қалма, бос қалма, құр қалма.*

**ҒАПЫЛ**[2]**=** ет. *Өкіну.*

**ҒАПЫЛДАН=** ет. *Байқамай әдепсіздік жасау.*

**ҒАПЫЛДЫҚ** зат. ескікіт. **1.** ***Ғапілдік.*** **2.** *Қапы кетушілік, өкінішке қалушылық, қателік.* **3.** *Жайбарақаттық, бейқамдық.*

**ҒАПЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Ғапілдік.***

**ҒАПЫЛСЫЗ** сын. *Қателіксіз, кемшіліксіз.*

**ҒАПІЛДІК** зат. **1.** *Қапы қалушылық, өкінішке қалу.* **2.** *Жайбарақаттық, бейқамдық.*

**ҒАПІЛЕТ** [ар. غفلت] зат. ескікіт. *Бейқамдық, ықылассыздық, ұқыпсыздық, зердесіздік.*

**ҒАР** [ар. غار] зат. көне. жерг. ***Үңгір.***

**ҒАРАБАТ** [ар. غربة] зат. ескікіт. **1.** *Таңғажайып, оғаштық, ағаттық.* **2.** *Жат ел, алыс жер.*

**ҒАРАБИЯТ** [ар. غربيات] зат. ескікіт. *Араб тілі, әдебиеті, философиясы.*

**ҒАРАЗДЫҚ** [ар. ] зат. ескікіт. *Араздық, алауыздық*

**ҒАРАП**[1]: [ар. خراب] **ғарап болды.** *Апатқа ұшырады, ойраны шықты.*

**ҒАРАП**[2] зат. ескікіт. ***Араб.***

**ҒАРАПА** [ар. عرفة] зат. ескікіт. діни. *Құрбан айт пен ораза айт мейрамының алдындағы күн, арапа.*

**ҒАРАПША** үст. ескікіт. ***Арабша.***

**ҒАРАСАТ** [ар. عرصات] зат. **1.** діни. *Діни ұғым бойынша қайта тірілген адамдардың о дүниеде жиналатын орны.* **2.** *Сұрапыл, сұмдық азап оқиға т.б.*

**Ғарасат майданы.** а) діни. *Мұсылман діні ұғымында барлық өлген адамдар қайта тірілгеннен кейін ақырзаманның машхар күнінде жиналатын орын, ғарасат.* ә) *Сұрапыл соғыс.*

**ҒАРАФ** [ар. عرف] зат. ескікіт. *Білім, таным.*

**ҒАРДАЙ** сын. көне. *Ғар сияқты, үңгірдей.*

**ҒАРЕЛІК** зат. ескі. *Күнтізбе, календарь.*

**ҒАРИ** [ар. ] зат. ескікіт. *Мұқтажсыз, мұңсыз.*

**ҒАРЗА** зат. ескікіт. ***Арыз.***

**ҒАРШЫ** зат. ескікіт. ***Ғарыш.***

**ҒАРЫЗ** [ар. عرض] зат. ескікіт. **1.** *Арыз, тілек.* **2.** *Шағым.*

**ҒАРЫЗНАМА** [ар.+ир. عرض نامه] зат. көне. *Арыз, өтініш жазылған қағаздар.*

**ҒАРЫҚ:** [ар. غرق] **ғарық болды [етті].** ескікіт. а) *Суға батты.* ә). жерг. *Суға кетті, су апатына ұшырады.*

**ҒАРЫП** зат. ескікіт. **1.** ***Ғаріп.*** **2.** *Кемтарлық, мүгедектік.* **3.** *Пенде. // Басқа, бөтен, сұмдық. // Ғажап.*

**Ғарып бас.** поэт. *Қайғы, уайым, ғашықтықтан т.б. азап шеккен жан.* **Ғарып қылды.** *Қор етті, азапқа салды.* **Ғарып міскін.** *Бейшара жан.*

**ҒАРЫП-ҚАСЕР** зат. ескікіт. *Мүсәпір, бейшара, аш-жалаңаш.*

**ҒАРЫП-ҚАСЫР** зат. ескікіт. ***Ғарып-қасер.***

**ҒАРЫПТЫҚ** зат. сөйл. ***Ғаріптік.***

**ҒАРЫШ** [ар. عرش] зат. **1.** *Аспан кеңістігі.* **2.** *Ғаламның астрономиялық анықтамасының синонимі.*

**Ғарыш алаңы.** жаңа. *Ғарыштық кемелерді құрастыруға, сынауға және ұшыруға арналған ғимараттар мен техникалық құралдар орналасқан жер, алаң, ғарышайлақ.* **Ғарышты игеру.** *Ғарыш әлемін зерттеу, ғарыш кемелерін ұшыру.* **Ғарыш кемелері.** жаңа. *Адамның ғарышта ұшуына арналған ғарыштық аппарат.* **Ғарыш кеңістігі.** жаңа. *Ғарыш әлемі, космос.* **Ғарыш минасы.** әск. *Жарылғыш заттар таситын, әуе серігіне қарсы қару ретінде пайдаланылатын жарылғыш.* **Ғарышқа ұшты.** *Зымыранмен ғарышқа самғады.*

**ҒАРЫШАЙЛАҚ** зат. жаңа. *Ғарыштық ұшу аппараттарын құрастыру, дайындау, олардың ұшуын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, инженерлік қондырғылармен және радиотехникалық заттармен жабдықталған кешен, аумақ.*

**ҒАРЫШКЕР** зат. *Ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін, әрі оны пайдаланатын адам.*

**ҒАРЫШТА=** ет. ***Қарыштау.***

**ҒАРЫШТАЙ** сын. *Ғарыш сияқты, ғарышқа ұқсас.*

**ҒАРЫШТАНУ** зат. косм. *Бүкіл аспан әлемін немесе оның жекелеген бөліктерін барша астрономиялық деректерді пайдалана отырып зерттейтін физикалық ілім.*

**ҒАРЫШТЫҚ** сын. *Ғарышқа тән, ғарышқа арналған.*

**Ғарыштық аппарат.** жаңа. *Белгілі бір мақсатты орындау үшін ғарышқа ұшырылған әртүрлі техникалық құрылғылардың жалпы аты.* **Ғарыштық әлем.** *Жер төңірегіндегі кеңістікті, жұлдыздар мен т.б. галактикалар кеңістігін қамтитын ғалам, көк аспан.* **Ғарыштық байланыс.** жаңа. *Жер стансылары мен ғарыштық аппараттар арқылы ақпарат тарату.* **Ғарыштық барлау.** *Жердің жасанды серігін жіберу арқылы жүзеге асырылатын барлау.* **Ғарыштық биология.** *Ғарыш кеңістігіндегі әртүрлі факторлардың тірі ағзаға әсерін зерттейтін биологияның бір саласы.* **Ғарыштық жылдамдық.** жаңа. *Ғарыштық аппараттың орбитаға шығу, ғарыш кеңістігінде ұшу сәтінде оның ұшу траекториясының түрін анықтайтын жылдамдығының шектік мәні.* **Ғарыштық қару.** жаңа. *Ядролық қаруларды нысанаға жеткізетін, ғарыштық ұшу аппараттарын жоятын, ғарыштық барлау және байланыс жасауды басқаратын ғарыштық аппарат.* **Ғарыштық құқық.** құқық. *Ғарышты зерттеп, пайдалануға қатысы бар мемлекеттердің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қарым-қатынасын реттейтін әрі ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін пайдалану режимін айқындайтын құқықтық жосындар жиынтығы, халықаралық құқықтың бір саласы.* **Ғарыштық сәулелер.** физ. *Жер бетіне ғалам кеңістігінен келетін жоғары энергиялы тұрақты бөлшектер ағыны.* **Ғарыштық скафандр.** астрон. *Авариялық-құтқару скафандры.* **Ғарыштық түсірім.** тех. *Жерді, аспан денелерін, ғарыштық құбылыстарды жер атмосферасынан тыс орнатылған ғарыш аппараттарынан (Жердің жасанды серігі, ғарыш кемесі) түсіру (фотосурет, теледидар т.б.).* **Ғарыштық ұшу аппараттары.** тех. *Жартылай болса да, ғарыш кеңістігінде, яғни тығыз атмосферасының сыртымен ұшатын ұшу аппараттары (100 км-ден жоғары).*

**ҒАРІП** [ар. غريب] зат. **1.** *Кәріп, мүсәпір, бейшара.* **2.** *Бейшара, сорлы, кедей.* **3.** *Қиын жағдайға ұшыраған, ауыр халдегі адам. // Қаралы, қайғылы.*

**Ғаріп басы.** *Сорлы болған адам.* **Ғаріп болды.** *Аяқ астынан қиын жағдайға душар болу.* **Ғаріп жүрек.** *Қайғылы жүрек.* **Ғаріп көңіл.** *Қайғылы, мұңды көңіл.* **Ғаріп пенде.** *Өз басында ерік, ықтияры жоқ, біреуге тәуелді, бейшара, дәрменсіз адам.*

**ҒАРІПСІ=** ет. экспр. *Мүсәпірсу, жарымжансу.*

**ҒАРІПТІК** зат. *Бейшаралық, мүсәпірлік, кемтарлық.*

**Ғаріптікке [ғаріптік күйге] түсті.** *Қиыншылыққа ұшырады.*

**ҒАРІПХАНА** [ар.+ир. غريبخانه] зат. **1.** көне. *Кедейлерді, жетім-жесірлерді, жолаушыларды қабылдайтын үй, пана.* **2.** көне. *Керуен сарай, жолшыхана.* **3.** жаңа. *Жасы ұлғаюына және еңбек қабілетінен айрылуына байланысты мемлекет қамқорлығына алынған панасыз адамдардың мекені, орны.*

**ҒАРІПШІЛІК** зат. сөйл. ***Ғаріптік.***

**ҒАСА** [ар. ] зат. діни. миф. ***Асатаяқ*** *(діни, мифтік ұғымға сәйкес қасиеті бар таяқ).*

**ҒАСКЕР** зат. ескікіт. ***Әскер.***

**ҒАСЫ** [ар. عصا] сын. **1.** *Күнәһар, кінәлі.* **2.** *Өркөкірек, дөрекі мінезді*

**ҒАСЫЛ** зат. ескікіт. ***Асыл.*** // Асылық, артық.

**ҒАСЫЛЫҚ** зат. ескікіт. ***Асылық.***

**Ғасылық етті [қылды].** көне. *Асып-тасты.*

**ҒАСЫР** [ар. عصر] зат. **1.** *Жүз жылдық мерзімді қамтитын уақыт өлшемі.* **2.** поэт. *Өзі*

*өмір сүріп отырған кезең, мерзім.* **3.** поэт. ***Заман.*** **4.** терм. *Стратиграфияда, яғни тарихи геологияда: жік-қабат деп аталатын таужыныс қабаттары жиынтығының түзілу мерзіміне сәйкес келетін уақыт өлшемі.* **5.** *Адамзат тарихын белгілі бір материалдық даму деңгейінің жетістіктеріне (еңбек құралдарының жетілуі және оларды жасау үшін қолданылатын жаңа материал түрлері т.б.) негіздей отырып бөлу, кезеңдеу.*

**ҒАСЫРДАЙ** үст. **1.** *Бір ғасырға сәйкес, жуық.* **2.** ауыс. *Ұзақ уақыт, үлкен мерзім.*

**ҒАСЫРЛЫҚ** сын. *Ғасырға тән.*

**Ғасырлық тербелістер.** геол. *Теңіз деңгейінің, құрлықтың (эпейрогендік қозғалыстар нәтижесінде), климаттың, көл бетінің, мұздықтар шетінің кезеңдік және ұзақ кезеңдік ауытқулары.*

**ҒАСЫРНАМА** [ар.+ир.عصرنامه] зат. *Ғасырға тән тарихи деректердің жазба жүйесі.*

**ҒАСІРЕТ** зат. ескікіт. ***Қасірет.***

**ҒАУ** сын. жерг. ***Артық.***

**ҒАУАМ** зат. ескікіт. ***Қауым.***

**ҒАУҒА** [ар. غوغاء] зат. көне. **1.** *Талас, тартыс, егес, дау-дамай.* **2.** ***Мәселе.*** **3.** *У-шу, дау.*

**Ғауға толды.** көне. *У-шуға толды.*

**ҒАУРЕТ** зат. діни. ***Әурет.***

**ҒАУСАР** зат. ескікіт. ***Кәусар.***

**ҒАУЫС-ҒАЯС** [ар. غوث غياث] зат. діни. көне. ***Ғайыперен.*** *Жәрдем, медет, көмек беруші періште.*

**ҒАФИЛ** үст. ескікіт. ***Ғапыл.***

**ҒАФИЛДІК** зат. ескікіт. *Салақтық, өкінушілік, опық жеушілік.*

**ҒАФЛӘТ** зат. ескікіт. ***Ғапілет.***

**ҒАФУ** мод. ескікіт. ***Ғапу.***

**Ғафу ет [бер].** ***Ғапу ет*** *(кешір деп, кешірім сұрау).* **Ғафу өтінді.** *Кешірім сұрады.*

**ҒАФУР** [ар. غفور] сын. діни. *Кешіруші, кешірім қылушы (Алла тағаланың бір аты, теңеуі).*

**ҒАФЫЛ** үст. ескікіт. **1.** ***Ғапыл.*** **2.** *Жайбарақат.* **3.** *Аңқау.*

**Ғафыл жұрт.** поэт. *Жайбарақат, аңқау жұрт.* **Ғафыл қалды.** *Бос қалды, құр қалды.*

**ҒАШӘРӘН** зат. ескікіт. *Он, ондық.*

**ҒАШЫҚ** [ар. عاشق] зат. **1.** *Бірін-бірі сүйетін, ынтық, ынтызар адамдар.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге (табиғатқа, жырға, өнерге, өмірге т.б.) құмарлық, ынтық болушылық, ынтызарлық, сүйіспеншілік.*

**Ғашық болды.** *Ынтықты, құмартты, сүйіп қалды.* **Ғашық жар.** *Шын сүйген, сүйіп қосылған адам.* **Ғашық жүрек.** поэт. *Ынтызар жүрек.* **Ғашық көзбен қарады.** *Сүйсініп, ынтығып, қызығып қарады.* **Ғашық отын жандырды.** *Ғашық қылды, махаббат сезімін жүрегіне ұялатты.* **Ғашықтардың [ғашықтық] пірі.** поэт. *Ғашықтарды желеп-жебеуші әулие.* **Ғашық тілі.** поэт. *Ерекше, бұл әлемге тосын, сүйіспеншілікке толы тіл.*

**ҒАШЫҚЛЫҚ** зат. ескікіт. ***Ғашықтық.***

**ҒАШЫҚ-МАҒШУҚ** [ар. عاشق معشوق] зат. ескікіт. *Ғашықтық, сүйіспеншілік, махаббат ұғымдарының жалпы атауы.*

**ҒАШЫҚ-МАШЫҚ** зат. сөйл. *Ғашық сезім, махаббат, сүю-күю ұғымдарын құр босқа далбаса көріп, бағаламағанда айтылатын сөзқолданыс.*

**ҒАШЫҚТАЙ** сын. *Ғашық тәрізді, ғашық сияқты.*

**ҒАШЫҚТАЙЫН** сын. поэт. ***Ғашықтай.***

**ҒАШЫҚТАН=** ет. *Ғашықтық күйге түсу.*

**ҒАШЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Адамдардың бір-біріне асықтық, сүйіспеншілік, ынтызарлық, құмарлық сезімін білдіретін ұғым.* **2.** діни. *Ислам дінінде, әсіресе, сопылық дүниетанымда пенденің өзінің жаратушысына деген шексіз ынтықтығын білдіретін ұғым.*

**Ғашықтық дастандары.** әдеб. *Ғашықтық туралы шығыстың белгілі лирикалық жырлары.* **Ғашықтық дерті.** поэт. *Ғашықтық сезімінен азапқа түсу.* **Ғашықтық мехнаты.** *Ғашықтықтың азабы, бейнеті.* **Ғашықтық оты.** поэт. *Сүйіспеншілік, махаббат жалыны, ынтызарлық күй.* **Ғашықтық сезім.** *Ынтық көңіл.* **Ғашықтық сөздері.** *Ынтызар көңілін білдіретін, махаббат, ынтазарлық туралы сөздер.* **Ғашықтық хикая.** *Ынтызарлық, сүйіспеншілік туралы ел ішіне тараған оқиға, ел аузындағы әңгіме.*

**ҒАШЫРАТ** [ар. عشرة] зат. ескікіт. *Ойынтой, қызық, қызойнақ.*

**ҒАЯН** сын. ескікіт. ***Аян.***

**ҒАЯР** сын. ескікіт. ***Аяр.***

**ҒАЯРЛАН=** ет. ескікіт. ***Аярлану.***

**ҒАЯРЛАНУ** *Ғаярлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҒАЯРСЫН=** ет. ескікіт. ***Аярсу.***

**ҒАЯРСЫНУ** *Ғаярсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҒАЯТ** [ар. غايت] сын. ескікіт. *Тамаша, ғажап. // Қатты, өте.*

**ҒӘЗИЗ** ескікіт. ***Ғазиз.***

**Ғәзиз бас.** *Ғазиз бас.*

**ҒӘЗИЗӘ** [ар. عزيزة] зат. ескікіт. ***Күн.***

**ҒӘЙІШ** [ар. عيش] зат. ескікіт. *Ойын-сауық, рақат өмір, тамаша.*

**ҒӘЛТЕК** [ир. غلتك] зат. ескікіт. **1.** *Шығыр, су тартатын дөңгелек, айналмалы білік* **2.** ***Оқтау.***

**ҒӘРІП** сын. сөйл. ***Ғаріп.***

**ҒЕЖЕК** [ир. غژك] зат. муз. *Иран халқының музыка аспабы.*

**ҒИБАДАТ** [ар. عبادت] зат. діни. **1.** *Құдайға құлшылық, дінге бойсұнушылық.* **2.** *Сиынатын, ұстанатын ереже, үлгі.*

**Ғибадат етті [қылды].** а) *Құдайға құлшылық етті, сиынды.* ә) *Киелі, рухы биік болған адамдардың зиратына, ғибадат орындарына барып, түнеп, Құдайға жалбарынып, тілегін айтты.* **Ғибадат орны.** *Құдайға құлшылық ететін жер.*

**ҒИБАДАТТЫ** сын. *Шексіз қадірлі, аса құрметті.*

**ҒИБАДАТТЫҚ** зат. діни. *Құдайға жалбарынушылық, сиынушылық рәсімдері.*

**ҒИБАДАТХАНА** [ар.+ пар. عبادت خانه] зат. діни. *Құдайға құлшылық ететін үй, діни рәсімдер мен парыздар атқарылатын ғимараттардың жалпы атауы, мешіт.*

**ҒИБАРА** [ар. عبارة] зат. ескікіт. *Араб тілінде жазылған, діни әдебиеттердің мәтініндегі сөздің айтылу, оқылу ережесі.*

**ҒИБАТ** зат. ескікіт. *Кіріптар, Құдайдың құлы.*

**ҒИБРАТ** [ар. عبرت] зат. **1.** *Үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәні бар сөз.* **2.** *Үлгі, өнеге, сабақ.*

**Ғибрат алды.** *Үлгі етті, өнеге тұтты, тәлім алды.* **Ғибрат берді.** *Үлгі-өнеге көрсетті.* **Ғибрат болды.** *Өнеге болды, сабақ болды.* **Ғибрат көрді [тұтты].** *Үлгі етті, өнеге санады.* **Ғибрат қылды.** *Үлгі-өнеге берді.* **Ғибрат сөз.** *Нақыл, үлгі-өнегеге үйрететін сөз.* **Ғибрат тыңдаған.** *Үлгі-өнеге алған, көңіліне тоқыған.* **Ғибраты бар.** *Үлгісі, өнегесі, көңілге толарлық пайдасы бар.*

**ҒИБРАТЛАН=** ет. ескікіт. ***Ғибраттан.***

**ҒИБРАТЛАНУ** ескікіт. ***Ғибраттану.***

**ҒИБРАТЛАНУШЫ** зат. ескікіт. ***Ғибраттанушы.***

**ҒИБРАТЛЫ** сын. ескікіт. ***Ғибратты.***

**ҒИБРАТНАМА** [ар.+ир. عبرتنامه] зат. *Нұсқа боларлық, есте сақтауға икемді, бейнелі түрде айтылған ақыл сөздер, даналық пікірлер жиынтығы.*

**ҒИБРАТСЫЗ** сын. *Үлгісіз, өнегесіз.*

**ҒИБРАТСЫЗДЫҚ** зат. *Үлгісіздік, өнегесіздік.*

**ҒИБРАТТАН=** ет. *Үлгі ету, өнеге тұту.*

**ҒИБРАТТАНУ** *Ғибраттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҒИБРАТТАНУШЫ** зат. *Үлгі-өнеге алушы.*

**ҒИБРАТТЫ** сын. *Үлгілі, өнегелі, тәлім-тәрбиелік мәнді.*

**Ғибратты болу.** *Өнегелі болу.*

**ҒИБРАТТЫҚ** сын. *Өнегелік.*

**ҒИБРАТТЫЛЫҚ** зат. *Өнегелілік.*

**ҒИБРАТШЫЛ** сын. *Үлгі-өнеге тұтарлық, өсиетшіл.*

**ҒИБРАТШЫЛДЫҚ** зат. *Өнегелік.*

**ҒИДЖӘК** [ир. غژک] зат. ескікіт. *Өзбек халқының қобыз үнді музыкалық аспабы.*

**ҒИЗЗАТ** [ар. عزة] зат. ескікіт. *Қадір-құрмет, абырой, ізет.*

**Ғиззат қылды.** *Құрметке бөледі, абыройын көтерді.* **Ғиззат тұтты.** *Құрметтеді, қадірледі.*

**ҒИЗЗАТЛУ** сын. ескікіт. ***Ғиззатты.***

**ҒИЗЗАТТЫ** сын. *Құрметті, қадірлі.*

**ҒИЛАЖ** зат. ескікіт. ***Лаж.***

**ҒИЛМАН** [ар. غلمان] зат. діни. *«Ұл», жас бала, «қызметші» дегеннің көпше түрі, жаннаттың жас қызметкері.*

**Ғилман болды.** көне. *Жанын құрбан қылды.*

**ҒИМАРАТ** [ар. عمارة] зат. **1.** *Сәулет өнерінің белгілі бір үлгісімен салынған құрылыс, үй.* **2.** *Мекемеге арналған жай.*

**ҒИНАЯТ** [ар. عناية] зат. ескікіт. *Ізгі ниет, жақсылық, рақым, қайырым.*

**ҒИНУАР** зат. ескікіт. ***Январь.***

**ҒИРАЯТ** зат. діни. ***Аят.***

**ҒИСИЯН** [ар. عصيان] зат. ескікіт. *Бүліну, бүлінушілік, көтеріліс, бойсұнбау.*

**ҒИШ** [ар. عيش] зат. *Рақат өмір.*

**ҒИШ-ҒИШРАТ** [ар. عيش‌عشرة] зат. ескікіт. *Риза болып бірге сүрген рақат өмір.*

**ҒИШРАТ** [ар. عشرة] зат. ескікіт. *Рақат, ләззат.*

**Ғишрат қылды.** *Рақаттанды.*

**ҒОЗА**[1] зат. жерг. *Жаңғақ.*

**ҒОЗА**[2] [ар. عوزه] зат. жерг. *Ішінде мақтасы бар мақта қауашағы.*

**Ғоза пая.** *Мақтаның сабағы.*

**ҒОЙ** шыл. **1.** *Нақтылау мәнді қой демеулік шылауының фонетикалық варианты.* **2.** *Өтіну, еркелету мағынасын үстемелейді.*

**ҒОЙШЫ** шыл. *Ғой демеулігіне -шы жұрнағы қосылып жасалған, ниет, өтініш, тілек мәнінде жұмсалатын, қойшы шылауының фонетикалық варианты.*

**ҒҰЗІР** зат. ескікіт. ***Ғұзыр.***

**ҒҰЗЫР** [ар. عذر] зат. **1.** *Өтініш, тілек, мүдде, мұң-мұқтаж.* **2.** ***Құзыр.***

**Ғұзыр болды [тіледі].** а) *Өтініш етті.* ә) *Бөйек болды, күтті.* б) *Билігіне бағынды, бас иді.* **Ғұзыр қылды.** *Өтінді, жалбарынды.* **Ғұзыр сұрады.** *Тілек, өтініш айтты.* **Ғұзырына бас [құлдық] ұрды.** *Лауазымына, билігіне бағынды.*

**ҒҰЗЫРЛЫ** сын. **1.** *Ауру-сырқаулы, кембағал.* **2.** *Бағыныштылы, биліксіз.* **3.** *Бейшара, сорлы.*

**ҒҰЗЫРЛЫҚ: ғұзырлық етті.** *Жалынды, бас иді.*

**ҒҰЗІР** [ар. عذر] зат. сөйл. ***Ғұзыр.***

**ҒҰЗІРЛІ** сын. ***Ғұзырлы.***

**ҒҰЛАМ** [ар. غلام] зат. көне. әск. *Қызмет көрсетуші құлдарға қатысты қолданылған ұғым.*

**ҒҰЛАМА** [ар. علماء] сын. **1.** көне. діни. *Құран кәрімнің аяттарын, шариғат пен хадис талаптарын жатқа білетін, мұсылманшылықтың этикалық-құқықтық қағидаларын жетік меңгерген адам.* **2.** *Өз ісінің ұздік шебері, бар өмірін белгілі бір салаға арнаған, ерінбей-жалықпай ізденген білімпаз, ғалым адам.* **3.** *Білетіні көп, өмірден түйгені мол (адам).*

**Ғұламаның сиясы шәһидтің қанынан қымбат.** діни. *Хадис бойынша шын білім іздеген, білім таратқан адамның алар сауабы дін жолында соғысқан адамның сауабынан артық тұрады деген мағынада.*

**ҒҰЛАМАЛЫ** сын. *Білімді, ғұламаға тән.*

**ҒҰЛАМАЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Мешітте, медреселерде мұсылманша білім беру ісімен шұғылданушылық.* **2.** *Данышпандық, білгірлік, ақылдылық.*

**ҒҰЛАМАЛЫҚ**[2] сын. *Ғұламаға тән, ғұламаға қатысты.*

**ҒҰЛАМИ** сын. ***Ғұлама.***

**ҒҰЛАПА** зат. көне. *Олжа, табыс, сыйлық.*

**ҒҰМЫР** [ар. عمر] зат. **1.** *Өмір, тіршілік.* **2.** ауыс. *Уақыт, дәурен, дәуір.* **3.** поэт. *Жастық шақ.*

**Ғұмыр бақи.** *Өмір бақи, өмір бойы, мәңгі.* **Ғұмыр берді.** *Алла тағала ұзақ өмір сүруді нәсіп етті.* **Ғұмыр берсін!** тілек. *Өмірің ұзақ болсын, көп жаса, Алла тағала ұзақ ғұмыр берсін.* **Ғұмыр бойы.** а) Өмір бойы, өмірі. ә) *Ешқашан, еш уақытта.* **Ғұмыр жасы ұзын [ұзақ] болу.** *Өмір жасы ұзақ болып, көп жасау.* **Ғұмыр кетеді.** *Өмір өтеді.* **Ғұмыр кешті.** *Өмір сүрді.* **Ғұмыр өткізді.** *Өмір сүрді, тіршілік етті.* **Ғұмыр салты.** ескікіт. *Өмір сүру салты, қалыбы.* **Ғұмыр сүрді.** ескікіт. *Тіршілік етті, жасады.* **Ғұмыр шекті.** ескікіт. *Өмір сүрді, тіршілік етті.* **Ғұмыры зайық өтті.** ескікіт. *Мақсатсыз, мәнсіз, құр бекер өмір сүрді.* **Ғұмыры келте.** көтер. *Өмірі қысқа.* **Ғұмыры өтті.** *Өмірі байқатпай, білдірмей өтіп кетті.*

**ҒҰМЫРЛАС** сын. *Жасты, қатар.*

**ҒҰМЫРЛЫ** сын. *Ұзақ өмірлі.*

**Ғұмырлы бол.** бата. *Өмірің ұзақ болсын.*

**ҒҰМЫРЛЫҚ** сын. ескікіт. **1.** ***Өмірлік.*** **2.** поэт. *Мәңгілік, өмір бақилық.*

**Ғұмырлық зейнетақы.** *Өмір бойына, өмірінің соңына дейін тағайындалатын зейнетақы.*

**ҒҰМЫРНАМА** [ар.+ир. عمرنامه] зат. **1.** *Жеке адамның өмір жолы мен өмірбаянын баяндайтын жылнама.* **2.** *Ұзақ әңгіме, хикая, басынан кешкен оқиға.*

**ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ** сын. *Ғұмырнамаға, жеке адамның өміріне тән.*

**Ғұмырнамалық фильм.** кино. *Кино өнерінің тарихи тұлғалар, қоғам, ғылым және мәдениет қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы туындысы.*

**ҒҰМЫРСЫЗ** сын. кітаби. **1.** *Өмірі қысқа, қысқа ғұмырлы.* **2.** ауыс. *Татымсыз, арзан.*

**ҒҰМЫРЫ** үст. кітаби. ***Өмірі.***

**ҒҰМЫРЫНДА** үст. **1.** *Өмірінде, өмір бойы.* **2.** *Ешқашан, еш уақытта.*

**ҒҰМЫРЫНША** үст. *Өмірбақи, өмір бойы.*

**ҒҰН** зат. тар. *Орта Азияда, қазақ сахарасында түрік қағанатынан бұрын жасаған түркі тілдес көшпелі тайпалардың арғы тегі.*

**ҒҰНША** [ар. غنچه] зат. жерг. *Гүл, гүл қауашағы.*

**Ғұнша ерін.** *Гүлге ұқсаған ерін.*

**ҒҰРЛЫ** шыл. *Құрлы шылауының фонетикалық варианты.*

**ҒҰРЛЫМ** шыл. *Секілді, құрлым.*

**ҒҰРПЫНША** үст. *Әдетінше, салтынша.*

**ҒҰРЫП**[1] [ар. عرف] зат. **1.** *Салт, дәстүр.* **2.** ауыс. *Бойына біткен қасиет, үйреншікті дағды.* **3.** *Әдет.*

**Ғұрып сөзі.** *Тәлім-тәрбие, өнеге беретін сөздер.*

**ҒҰРЫП**[2] зат. жерг. *Кәрі, қарт, қария.*

**ҒҰРЫП-ҒАДЕТ** зат. ескікіт. *Салт-сана, дәстүр.*

**ҒҰРЫПТЫҚ** сын. *Салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық.*

**Ғұрыптық құрылыстар.** құр. *Әр дәуірде діни шараларды өткізу үшін салынған құрылыстар жүйесінің ортақ атауы.*

**ҒҰРЫПТЫЛЫҚ** зат. *Әдептілік, тәрбиелілік.*

**ҒҰРЫПШЫЛ** сын. *Салт-дәстүршіл, әдетшіл.*

**ҒҰСА=** ет. сөйл. ***Ұқсау.***

**ҒҰСЫЛ** [ар. غسل] зат. діни. **1.** *Әрбір мұсылман үшін міндетті саналатын тазару рәсімі, бой дәрет, толық жуыну.* **2.** *Жуынуға, тазаруға, дәрет алуға тиісті лас, кір жер.*

**Ғұсылалу.** діни. *Жұма намаздың алдында, ер адам мен әйел адамның жыныстық қатынасынан кейін, әйелдердің етеккірі тоқтағаннан кейін мұсылман әйелдің бүкіл денесіне су тигізіп, толық жуыну рәсімі.* **Ғұсыл құйынды.** діни. *Ғұсыл алды, толық бой дәрет алды.* **Ғұсыл қылды.** *Бой дәретке сәйкес тазаланды, жуынды.*

**ҒҰТАРИД** [ар. عطرد] зат. ескікіт. астр. *Күнге жақын орналасқан, Күн жүйесіндегі ғаламшар.*

**ҒҰШЫР** [ар. عشر] зат. діни. *Астық өнімінің оннан бірін құрайтын алым-салық; үшір.*

**ҒЫЛАЖ** зат. ескікіт. ***Лаж.***

**ҒЫЛЛА** [ар. علة] зат. жерг. *Мүкіс, бұзық, кеміс.*

**ҒЫЛЫМ** [ар. علم] зат. **1.** *Адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішіні, оның тәжірибелік қызметінің бір саласы.* **2.** *Негізгі қағидалар мен заңдылықтарды қорытып шығаруға жұмылдырылған зерттеулер не пәндер саласы.* **3.** *Ғылым-білім, түрлі ғылым саласы.*

**Ғылым бағу.** *Ғылымның соңына түсу, іздену.* **Ғылым докторы.** *Ең жоғарғы ғылыми дәреже, ғалымдық лауазым; докторлық диссертация жазып, қорғаған адам.* **Ғылым кандидаты.** *Жоғары білімі бар, кандидаттық емтихандар тапсырған, еңбектері баспасөз беттерінде жарияланған, ғылыми конференцияларда баяндалған, өзекті тақырып бойынша диссертация қорғаған адам.* **Ғылым классификациясы.** *Ғылымдар байланысы, ғылыми білім жүйесіндегі орналасу тәртібі, нақты қағидаларға негізделген, нысандардың қасиеті және байланысы, сондай-ақ оларды зерттеу үрдісі.* **Ғылыммен шұғылдану.** *Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу.* **Ғылым ордасы.** бейн. *Ғылым мен мәдениет ошағы.* **Ғылым психологиясы.** *Ғылыми қызметтің нәтижелілігін арттыру мақсатында оның психологиялық факторын зерттейтін сала.* **Ғылым тапты.** *Білім алды, ізденді.* **Ғылым тілі.** лингв. *Әртүрлі ғылым саласында қолданылатын, өзіндік стиль ерекшеліктері мен терминологиялық қоры бар әдеби тілдің бір саласы.* **Ғылым іздеді.** *Білім алды, ізденді, талаптанды, зерттеді.*

**ҒЫЛЫМ-БІЛІМ** зат. *Ғылым, ғылыми-зерттеу, оқу-ағарту, білім ұғымдарының жинақтық атауы.*

**ҒЫЛЫМДЫ** сын. *Ғылыми ойлы, терең білімді.*

**ҒЫЛЫМДЫҚ** сын. **1.** *Ғылымға тән.* **2.** *Ғылыми.* **3.** *Ғалымдық.*

**Ғылымдық дәрежесі.** *Ғылыми құндылығы, сапалылығы.*

**ҒЫЛЫМДЫЛЫҚ** зат. *Ғылымға жетіктік, білімділік.*

**ҒЫЛЫМИ** [ар. علمی] сын. *Ғылым жолымен дәлелденген, ғылыми қағидаға негізделген.*

**Ғылыми атақ.** *Ғылымның белгілі бір саласындағы кәсіби біліміне сәйкес және ғылыми-педагогтік қызметтегі жетістіктері үшін берілетін атақ, ғалымдық лауазым.* **Ғылыми әдебиет.** *Белгілі бір ғылыми мәселелер мен тұжырымдарды талдап, түсіндіруге, дәлелдеп, дәйектеуге, ғылым мен білім саласын ұйымдастыруға арналған әдеби шығармалар.* **Ғылыми болжам.** *Тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір оқиғалар мен құбылыстар туралы жасалатын ғылыми жорамал.* **Ғылыми дәйек.** *Белгілі бір ғылыми тұжырымды дәлелдейтін дерек.* **Ғылыми дәреже.** *Терең кәсіби білімі бар, белгілі бір ғылым саласында жетістіктерге қол жеткізген адамдарға ресми түрде берілетін дәреже.* **Ғылыми деректер.** *Ғылыми-зерттеу нәтижелерін дәйектейтін мәліметтер.* **Ғылыми және арнаулы кітапхана.** *Ғылым салалары мен белгілі бір ұйымдарға қызмет ететін кітапхана.* **Ғылыми жетекші.** *Ғылыми-зерттеу, диссертациялық зерттеу жұмыстарына басшылық етуші.* **Ғылыми жоба.** пед. *Орта білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларының негізгі пәндердің бірінен проблемалы тақырыпқа арнап немесе ғылыми жетістігін сипаттап жазған жұмысы.* **Ғылыми журналдар.** *Ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды насихаттап, жұртшылыққа таныстырып отыратын салалық не ғылыми-көпшілік мерзімді басылымдар.* **Ғылыми жұмыс [еңбек].** *Ғылым саласындағы белгілі бір проблемалы мәселелерді зерттеуге, қарастыруға бағытталған жұмыс.* **Ғылыми зерттеу.** *Нақты проблема, я тақырып бойынша жоспарлы түрде жүргізілетін ізденістер.* **Ғылыми зертхана.** *Ғылыми-техникалық тәжірибе жүргізілетін орын, мекен.* **Ғылыми кеңес.** *Жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу мекемесінің ғылыми-зерттеу, оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстарының негізгі бағыттарын айқындап, белгілеп отыратын алқалық орган.* **Ғылыми қызметкер.** *Белгілі бір ғылыми-зерттеу мекемесінде жұмыс істейтін, зерттеу жүргізуші маман.* **Ғылыми мақала.** *Деректер мен мәліметтер талданып, ғылыми мәселелер төңірегінде ой қорытылған мақала.* **Ғылыми медицина.** *Ғылыми тәжірибеге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне негізделген, халықтық медицинаға қарама-қайшы медицина саласы.* **Ғылыми мектеп.** *Жинақталған білімдердің таным-білінуі мен берілу үдерістерінің бірлігін жүзеге асыратын, кооперацияланған ғылыми қызметтің ұйымдастырылуының әдісі мен нысаны.* **Ғылыми менеджмент.** экон. *Сандық көрсеткіштерді пайдалана отырып алынған және егжей-тегжейлі талданған, шынайы, нақты безбенделген деректер негізінде бизнес-шешімдер қабылдау.* **Ғылыми социализм.** совет. *Капитализмді құлатып, оның орнын басатын осындай қоғам орнату туралы ілім.* **Ғылыми станса.** *Арнайы тағайындалған ғылыми-зерттеу мекемелерінің, кәсіпорындарының бір бөлімі, аты.* **Ғылыми стиль.** *Ақпараттардың ғылыми нақтылығымен және логикалық дәлдігімен, жүйелілігімен, ғылыми терминдердің қолданысымен ерекшеленетін әдеби тілдің функционалды стильдерінің бір түрі.* **Ғылыми таным.** *Танымның ең жоғарғы пішіні, рационалдық сипатының басымдылығымен ерекшеленетін*

*күрделі құбылыс.* **Ғылыми тәжірибе.** *Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарына негіз болатын іс-әрекет.* **Ғылыми тәсіл.** *Бір істің тәжірибе тұрғысында жүзеге асуының, я теориялық зерттелуінің ғылымға негізделген әдісі.* **Ғылыми теория.** *Ғылым жүзінде дәлелденген, қалыптасқан, зерттеу жұмыстарына әдіснамалық дәйек, негіз болатын тұжырымдар жүйесі.* **Ғылыми ұғым.** ф и л о с . *Заттар мен құбылыстардың мәнді және қажетті қасиеттерін белгілейтін сөз бен таңбалар.* **Ғылыми фантастика.** ә д е б . *Көркем әдебиетте, кинода, кескіндемеде т.б. өнер салаларында ғылым мен техниканы қиялғажайып негізде дәріптейтін жанр.* **Ғылыми философия.** *Философияның ғылымды адам іс-әрекетінің ерекше аясы әрі ұдайы дамудағы таным жүйесі ретінде қарастыратын бір саласы.* **Ғылыми хатшы.** *Белгілі бір ұйымның не ғылыми мекеменің күнделікті жазба жұмыстарын жүргізіп отыратын жауапты қызметкер.* **Ғылыми шығармашылық.** *Ғылыми ізденіс, жаңа нәтижелерге қол жеткізу жолындағы тынымсыз еңбек.*

**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ** с ы н . *Ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін түсіндіретін.*

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ** с ы н . *Ғылыми теориялық мәселелермен шұғылданатын, белгілі бір ғылым саласының мәселелеріне арналған.*

**Ғылыми-зерттеу жұмыстары.** *Белгілі бір ғылыми мәселелер бойынша білімдерді кеңейту, тереңдету, жүйелеу мақсатымен орындалатын ізденістік, теориялық және тәжірибеліксынақтық жұмыстар.* **Ғылыми-зерттеу институты [мекемесі].** *Жекелеген ғылым салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізетін арнайы мекеме.* **Ғылыми іссапар.** *Қандай да бір ғылыми дәйектемелер мен болжамдарға қол жеткізу, дәлелдеу, не ғылыми ортаға салу мақсатында жүзеге асырылатын іссапар.*

**ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК** с ы н . *Ғылым-білім, техника жетістіктерін көпшілікке түсінікті жолмен жеткізетін.*

**Ғылыми-көпшілік әдебиет.** *Ғылымның белгілі бір саласы туралы, сол ғылымды дамытқан ғалымдар жөнінде жазылған шығармалардың жалпы атауы.* **Ғылыми-көпшілік кино.** *Жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, ғылыми жаңалықтармен, зерттеулермен, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы.*

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ** с ы н . *Білім беру және тәрбиелеу жұмысын ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұштастырған.*

**Ғылыми-педагогикалық зерттеу.** *Педагогикалық жаңа білімдердің қалыптасу үдерісін, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет түрі.*

**ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ** с ы н . *Ғылым мен практикалық тәжірибенің арақатынасына негізделген.*

**Ғылыми-практикалық конференция.** *Белгілі бір өзекті мәселенің; негізін анықтап, шешу жолдарын қарастыруға арналған ғылыми басқосу.*

**ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ** с ы н . *Ғылыми-теориялық зерттеулермен байланысты.*

**Ғылыми-теориялық конференция.** *Белгілі бір өзекті мәселеге арналған, сол мәселенің теориялық негізі анықталатын ғылыми басқосу.*

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ** с ы н . *Ғылыми жетістіктерді жүзеге асыратын техникалық әрекеттерге, шешімге қатысты.*

**Ғылыми-техникалық әлеует.** *Ғылыми-техникалық проблемаларды шешуге қажетті ғылымның даму деңгейінің, қоғамда бар мүмкіндіктер мен ресурстардың кешенді сипаттамасы.* **Ғылыми-техникалық кітапхана.** *Ғылыми-техникалық кітаптарды жинайтын, сақтайтын және олармен халықтың танысуына жағдай жасайтын техникалық құралдарға бай мекеме.* **Ғылыми-техникалық прогресс.** *Қоғамның өндіргіш күштерін жетілдіру, материалдық өндірісте және адамның тіршілік қызметі саласында ғылыми-техникалық жетістіктерді, жаңартпалық аядағы еңбек нәтижесі болып табылатын процестерді іске асыру бағытында ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, ілгерілеуі.* **Ғылыми-техникалық революция.** *Ғылыми-техникалық ой-пікірдің өрлеуімен, ғылымды тікелей өндірістік күшке айналдырумен байланысты туындайтын қоғамдық өндірістің материалдық-техникалық базасын, адамның тіршілік қызметінің барлық аясын сапалық жаңарту.*

**ҒЫЛЫМИЛЫҚ** з а т . *Ғылыми болушылық.*

**ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ** с ы н . *Ғылыми фантастика жанрында жазылған.*

**ҒЫЛЫМПАЗ** с ы н . *Ғылымға әуес, білімқұмар.*

**ҒЫЛЫМСЫЗ** с ы н . **1.** *Білімсіз, қоғам салаларына қатысты арнайы білімдер жүйесінсіз.* **2.** д і н и . *Діннің барлық тыйым- рұқсатын білмей, шариғатты ұқпай.*

**ҒЫЛЫМСЫЗДЫҚ** з а т . *Білімсіздік, оқымағандық, ізденіссіздік.*

**ҒЫЛЫМСЫМАҚ** з а т . э к с п р . *Жалған ғылым.*

**ҒЫЛЫМТАНУ** з а т . *Ғылымның дамуын, ғылыми білімнің жетілуін, ғылыми қызметтің құрылымы мен ауқымын, олардың қоғамдағы материалдық және рухани мәдениет салаларымен, сондай-ақ әлеуметтік институттармен өзара байланысын зерттейтін пән.*

**ҒЫЛЫМ-ҮЖІМ** [ар. علم النجوم] з а т . е с к і к і т . ***Астрология.***

**ҒЫМАРАТ** з а т . с ө й л . ***Ғимарат.***

**ҒЫП=** е т . с ө й л . *Қылып көмекші етістігінің фонетикалық варианты.*

**ҒЫШ-ҒЫШ** о д а ғ а й . *Жылқы малын суарғанда айтылатын сөз.*

# Д

Д *Қазақ әліпбиіндегі жетінші әріп және сол арқылы таңбаланатын тіл ұшы, тоғысыңқы ұяң дауыссыз дыбыс.*

**Д дәрумені.** м е д . *Балық майында, жұмыртқаның сары уызында, бауырда болатын, сондай-ақ күн сәулесінен алынатын, ағзаға, әсіресе бір жасқа дейінгі баланың өсіп-жетілуіне аса қажетті дәруменнің бір түрі.*

**ДА** ш ы л . **1.** *Сөз бен сөзді, сөйлемдер мен сөйлемдерді, сөз тіркестерін салыстыра, ыңғайластыра байланыстыратын дербес мағынасы жоқ жалғаулық көмекші сөз.* **2.** *Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарында келіп, қарсылықты мағынаны білдіріп, сөйлемнің екі компонентін сабақтастыра байланыстыратын көмекші сөз.* **3.** *Сабақтастықты, іліктестікті көрсететін көмекші жалғаулық.* **4.** *Сөйлеушінің сөзін, ойын күшейтіп айту үшін қолданылатын көмекші демеулік.* **5.** *Салыстыра айту үшін жұмсалатын көмекші демеулік.* **6.** *Және деген мағынада жұмсалып, сабақтастықты білдіретін көмекші жалғаулық.* **7.** *Негізгі етістік пен көмекші етістік тіркесінің аралығында жұмсалып, солар арқылы айтылатын іс-әрекеттің тез, дереу болғанын білдіретін демеулік көмекші сөз.* **8.** с ө й л . *Ғой шылауының мағынасына жуық, айтылған ойды растау мәнінде жұмсалатын демеулік көмекші сөз.*

**ДАБА** з а т . ж е р г . ***Таба.***

**Даба нан.** ***Таба нан*** (*табаға көміп пісірген нан*).

**ДАБДЫРА=** е т . с ө й л . ***Әбдыра.***

**ДАБДЫРЛА=** е т . с ө й л . **1**. *Асып-сасып қатты сөйлеу, даурығу.* **2.** *Дауысын қатты шығарып, самбырлап сөйлеу.*

**ДАБДЫРЛАС=** е т . *Дабдырлап сөйлесу, даурығысу.*

**ДАБРЫҚ** з а т . ж е р г . *Айқай, у-шу.*

**ДАБРЫҚ=** е т . ж е р г . *Айғайлау, шулау, даурығу.*

**ДАБЫ** з а т . *Түкті боз, жұқа ақ матаның бір түрі. // Дабыдан тігілген.*

**ДАБЫЛ**[1] з а т . **1.** *Бір нәрсенің, я қимыл-әрекеттің, қозғалыстың дыбысы, даусы.* **2.** а у ы с . *Ұран, ұндеу, жар.* **3.** а у ы с . *Дақпырт, даңқ.*

**Дабыл болды.** *Түрткі, себеп болды.* **Дабыл жарғағы.** а н а т . <лат. membrana tympani> *Сыртқы есту жолын ішкі құлақ құрылысынан бөліп тұратын жұқа, серіппелі зат.* **Дабыл жол.** к ө н е . п о э т . ***Даңғыл жол.*** **Дабыл қуысы.** а н а т . <лат. cavum tympani> *Ортаңғы құлақ орналасқан самай сүйектің қуысты дабылдық бөлігі.* **Дабылы асты.** *Атағы елге жайылды.* **Дабылы басылды.** *Дыбыс азайды, тоқтады, тыныштанды.* **Дабылы жер жарды.** *Даңқы шартарапқа жайылды.*

**ДАБЫЛ**[2] з а т . **1.** к ө н е . *Жаугершілікте, жорықта халықты бір жерге жию, саяткершілік құрғанда аңдарды үркіту үшін пайдаланылған ұрмалы аспап.* **2.** ә с к . *Жергілікті жердегі халықты әртүрлі қауіптен сақтандыру хабары, ерекше жағдайда берілетін шартты белгі, сигнал.* **3.** ә с к . *Әскери бөлімшенің (бөлімнің, құраманың) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін берілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі.*

**Дабыл байлады.** а ң ш ы л ы қ . *Дабылын ұрып, бүркітті үркітіп, аң аулады.* **Дабыл қағылды.** *Тоқтатуға белгі берілді.* **Дабыл қақты [ұрды].** а) *Дабыл соқты, дабылдатты.* ә) *Жар салды, ұрандады, хабар берді.* б) *Қоңырау соқты, барабан соқты.*

**ДАБЫЛ**[3] з а т . м у з . *Саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап.*

**ДАБЫЛГЕР** с ы н . п о э т . ***Тынымсыз.***

**ДАБЫЛДА=** е т . а ң ш ы л ы қ . **1**. *Аңшы-саятшылардың дабыл қағуы.* **2.** *Дауыстау, қатты сөйлеу.* **3.** а у ы с . *Жар салу, хабар беру, ұндеу.*

**ДАБЫЛДАЙ** с ы н . *Дабыл сияқты, дабылға ұқсас.*

**ДАБЫЛДАТ=** е т . **1.** *Дауылдату, дабдырлату.* **2.** а у ы с . *Шулату, дуылдату, қыздыру.* **3.** *Жар салу, дабыл қағу.*

**ДАБЫЛДАТУ** *Дабылдат етістігінің қимыл атауы; дабыл қағу.*

**ДАБЫЛДАУ** а ң ш ы л ы қ . *Дабылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДАБЫЛДЫ** с ы н . **1.** *Дабылға, думанға толы.* **2.** а у ы с . *Дабыл қағылып, соғысқа аттануға шақырған ұрапыл.*

**ДАБЫЛПАЗ** з а т . к ө н е . *Соғыс қаупі төнгенде елге белгі беру үшін немесе үлкен жиынға шақыру үшін дабыл қағушы, дабылшы.*

**ДАБЫЛСЫЗ** с ы н . **1.** *Дабылы жоқ; дабылдың қатысынсыз.* **2.** *Дыбыссыз, у-шусыз.*

**ДАБЫЛҮЙ** з а т . ж е р г . *Көші-қонға лайықталып жасалған, көшіп бара жатқанда жолжөнекей тігетін кішкене киізүй, жолым үй.*

**ДАБЫЛШЫ** з а т . **1**. с а я т . *Құспен аңға шыққанда дабыл қағушы.* **2.** *Дабыл қағу арқылы немесе басқа да дыбыс шығару арқылы белгі беруші.*

**ДАБЫР** з а т . **1.** *Даң-дұң, у-шу, дүрсіл-дүбір.* **2.** *Думанды дүрмектің шуылы; сауықтаушы, қызықтаушы адамдардың көңілді дауыстары.*

**Дабыр қылды.** *Шулатты, дабыр-дұбыр еткізді.* **Дабыр үй.** ж е р г . *Уығы қысқа, кішкене киіз үй.*

**ДАБЫРА** з а т . **1.** *Айқай-шу.* **2.** а у ы с . *Даурықпа, бос, орынсыз сөз.* **3.** а у ы с . *Қоқанлоқы. // Кең тараған, ел арасында шулы. // Шулаған, дабырлаған.*

**Дабыра болды.** *Жария болды, әйгіленді.* **Дабыра етті [қылды].** а) *Жұртқа жайып жіберді, бәріне аян қылды.* ә) *Дүрлікті, құр, бос шулатты, орынсыз даурықты.*

**ДАБЫРА=** е т . **1.** *Дабырлау, дабыр-дұбыр ету, шулау.* **2.** *Даурығу, дүрлігу.*

**ДАБЫРАДАЙ** с ы н . ж е р г . *Үлкен, зор, даңғарадай.*

**ДАБЫРАЙ=** е т . **1.** *Аты кеңге тарау, күшею.* **2.** а у ы с . э к с п р . *Қампиып, күмпиіп, еңсесін көтеру.* **3.** а у ы с . э к с п р . *Дақпырты шығу, бос атаққа ие болу.*

**ДАБЫРАЙТ=** е т . **1.** *Көтермелеп өсіру, әсірелеп тарату.* **2.** *Дақпырт тарату, даңғаза қылу.*

**ДАБЫРАЙТУ** *Дабырайт етістігінің қимыл атауы; әсірелеу.*

**ДАБЫРАҚТА=** е т . *Дабыр-дұбыр болып, шулау.*

**ДАБЫРАҚТАУ** *Дабырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ДАБЫРАЛА=** е т . *Жария ету, жұртқа жаю, тарату.*

**ДАБЫРАЛАН=** е т . *Барлығына аян етілу, жариялану, сырдың ашылуы.*

**ДАБЫРАЛАТ=** е т . **1.** *Жариялату, жар салғызу, аян еткізу.* **2.** *Дақпырт тараттыру.*

**ДАБЫРАЛАУ** *Дабырала етістігінің қимыл атауы.*

**ДАБЫРАЛЫ** с ы н . **1.** *Думанды, дүбірлі.* **2.** *Даңқты, атақты.*

**ДАБЫРАСЫЗ** ү с т . **1.** *Дыбыс шығармай, у-шусыз.* **2.** *Дабыра қылмай, ешкімге жарияламай, жар салмай.* **3.** *Бос дақпыртсыз, құр дүрлігусіз.*

**ДАБЫРАТ=** е т . **1.** *Көпке жаю, жариялау.* **2.** *Думандату, жұртты шулату, дақпырту.*

**ДАБЫРАУ** *Дабыра етістігінің қимыл атауы; шулау.*

**ДАБЫРАШЫ** з а т . *Қошемет жасаушы.*

**ДАБЫРАШЫЛ** с ы н . *Дабыра құмар, думанды шуға әуесшіл.*

**ДАБЫРДАЙ** с ы н . *Дабыр сияқты.*

**ДАБЫР-ДҰБЫР** з а т . *Көп адамның дабырлап сөйлескендегі дыбысы.*

**ДАБЫР-ДҮБІР** з а т . *У-шу, даң-дұң.*

**ДАБЫРЛА=** е т . **1.** *Жан-жақтан жамырай, шулай сөйлесу, даурығысу. // У-шуға толы, дабыр-дабыр еткен. // Улап-шулап, басына көтеріп.*

**ДАБЫРЛАС=** е т . **1**. *Шуласу, таласу.* **2.** *Дабыр-дабыр етісіп сөйлесу.*

**ДАБЫРЛАТ=** е т . **1.** *Жария қылу, жұртқа жаю.* **2.** *Шулату, дабыр-дабыр еткізу.*

**ДАБЫРЛАУ** *Дабырла етістігінің қимыл атауы; шулау.*

**ДАБЫРЛЫ** с ы н . **1.** *Дабыр-дұбыры көп, у-шуы мол.* **2.** а у ы с . *Қызығы мен шыжығы мол, бірсарынды емес, жалықтырмайтын.* **3.** *Дабыралы, дақпыртты.*

**ДАБЫРСЫЗ** с ы н . **1.** *У-шусыз, дабырдұбырсыз.* **2.** *Жариясыз, ешкімге білінбей.* **3.** а у ы с . *Думансыз, сауықсыз, қызықсыз.*

**ДАБЫР-ТЫҚЫР** з а т . *Дабырлаған, тықырлаған дыбыс.*

**ДАБЫР-ШУ** з а т . *Айқай-шу, жария болушылық.*

**ДАБЫРЫҚ** з а т . **1.** *Шуыл, дабыр-дұбыр еткен дыбыс.* **2.** *Жария салушылық, даңғаза, дақпырт.*

**ДАБЫРЫҚ=** е т . с ө й л . *Даурығу, улапшулау, таласу.*

**ДАБЫРЫҒУ** *Дабырық етістігінің қимыл атауы.*

**ДАБЫС** з а т . **1.** к ө н е . *Баршаға таралып, жұртқа жария болған атақ, даңқ.* **2.** ***Дауыс***. **3.** *Дыбыс, сыбдыр, сыбыр т.б. сияқты шу.*

**Дабыс берді.** *Үн шығарып, дауыстап белгі берді.* **Дабыс етті.** *Хабарлады, құлақтандырды, жар салды.* **Дабысы желдей есті**. *Атағы бірден тарады, лезде баршаға әйгілі болды.* **Дабысы жер жарды.** *Атақ-даңқы елге жайылды, баршаға, әлемге әйгіленді.* **Дабысын жайды**. к ө н е . *Атағын шығарды, даңқын асырды.* **Дабысын таратты.** *Атағын жайды, баршаға әйгілі етті.* **Дабысы шықты**. *Атағы кеңге тарады, аты елге аян болды.*

**ДАБЫСТА=** е т . ***Дауыстау.***

**ДАБЫСТЫ** с ы н . *Атақты, даңқты, аты шулы.*

**ДАҒ: дағ етпеді.** ж е р г . *Түк те етпеді, ештеңе болмады.*

**ДАҒА** с ы н . ж е р г . *Қалың, ну.*

**ДАҒАДАЙ** с ы н . ж е р г . *Тағадай, таға секілді.*

**ДАҒАДАЙЫН** с ы н . е с к і к і т а б и . ***Дағадай.***

**ДАҒАҚ** з а т . т а р . *Ғұндардың айрықша мәртебеге ие әлеуметтік жігі.*

**ДАҒАЛА** з а т . с ө й л . *Дақ, шел.*

**ДАҒАЛАЙ** з а т . ж е р г . *Бір жылдың ішінде екі рет лақтаған ешкінің соңғы лағы.*

**ДАҒАЛАҢ** з а т . ж е р г . ***Дағалай.***

**ДАҒАР** з а т . с ө й л . ж е р г . *Астық, ұн, тезек т.б. салатын үлкен қап, қанар.*

**ДАҒАРА**[1] з а т . *Үлкен қап.*

**ДАҒАРА**[2] з а т . ж е р г . *Темірден, мыстан, жезден жасалған үлкен ыдыс түрі.*

**ДАҒАРА**[3] [ир. تغار] з а т . м у з . *Даңғырлаған дыбыс шығаратын көне музыкалық аспап.*

**ДАҒАРА**[4] з а т . ж е р г . **1.** *Жүгерінің ұны.* **2.** ж е р г . *Дағарадан үлкен етіп пісірілген нан.*

**ДАҒАРА**[5] с ы н . *Ебедейсіз, рабайсыз үлкен.* **Дағара мүйіз.** б е й н . *Үлкен, ебедейсіз мүйіз деген мағынада.*

**ДАҒАРА-ДАБЫЛ** з а т . *Дағара мен дабыл, даңғырлаған қатты дауыс шығаратын аспаптар.*

**ДАҒАРАДАЙ** с ы н . *Абажадай, үлкен.*

**ДАҒАР-ДАҒАР** с ы н . с ө й л . э к с п р . *Қап-қап.*

**ДАҒАРДАЙ** с ы н . с ө й л . ***Дағарадай.***

**ДАҒБЫР** з а т . с ө й л . ***Дақпырт.***

**ДАҒБЫРТ** з а т . с ө й л . ***Дақпырт.*** **1.** *Бос сөз, өсек-аяң.* **2.** *Даңққұмарлық, әсіре мақтау, әсірелеу.*

**ДАҒДАН** з а т . б о т . *Далалы жерлерде өсетін, биіктігі 40-50 см–дей болатын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ДАҒДАР=** е т . **1.** *Бір сәтке не істерін білмей сасып қалу, аңырау.* **2.** *Көп күйзелу, қайтерін білмей, ұзақ дал болу.* **3.** *Амалсыз, лажсыз қалу.*

**ДАҒДАРТ=** е т . *Қиын жағдайға ұшырату, күйзелту.*

**ДАҒДАРУ** *Дағдар етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҒДАРУЛЫ** с ы н . *Аңыраған күйде не істерін білмеген жағдайда.*

**ДАҒДАРУШЫЛЫҚ** з а т . *Қайтерін білмей аңырушылық, дал болушылық.*

**ДАҒДАРЫЛ=** е т . *Күйзеліске түсу, не істерін білмеу.*

**ДАҒДАРЫЛУ** *Дағдарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҒДАРЫҢҚЫРА=** е т . *Сасыңқырау, тосырқау.*

**ДАҒДАРЫС=** е т . *Бір-біріне қарап аңырап тұрысу, бірігіп бір шешімге келе алмау.*

**ДАҒДАРЫС** з а т . **1.** *Аңыраушылық, не істерін білмей сасушылық, әрі-сәрі күй.* **2.** *Күйзеліс.* **3.** э к о н . [грек. krisis]. *Белгілі бір елдің немесе жеке кәсіпорынның экономикалық, қаржылық дамуындағы тоқыраушылық; қоғамдағы өзгерістер алдындағы өтпелі кезең.* **4.** с а я с и . *Белгілі бір мемлекет, ел ішіндегі әлеуметтік-саяси ахуалдың шиеленісіп, қауіпті, тұрақсыздық сипатқа ие болуы.*

**Дағдарысқа тап келді.** *Қиыншылыққа кез болды, күйзеліске түсті.* **Дағдарысқа түсу.** к і т а б и . *Тоқырауға шалдығу, күйзеліске тап болу.* **Дағдарысқа ұшырады.** а) *Күйзеліске тап болды, қиналды.* ә) к і т . *Тоқырауға шалдықты.*

**ДАҒДАРЫССЫЗ** с ы н . *Тоқыраусыз, шиеленіссіз.*

**ДАҒДАРЫСТЫ** с ы н . *Дағдарысы бар, дағдарысқа ұшыраған.*

**Дағдарысты тұрақтылық.** ә с к . *Екі жақтың дағдарыс кезінде стратегиялық ядролық шабуылды бірінші болып бастауды мейлінше қаламайтынын көрсететін жағдай.*

**ДАҒДЫ** з а т . **1.** *Үйреншікті, сүйекке сіңген әдет, қалыптасқан машық.* **2.** *Ұлтқа, дінге, ділге тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан машық, әртүрлі амал, әдет.* **3.** *Мәдениетке, ахлаққа, ұлттық тәлім-тәрбиеге тән әдеп.* **4.** п е д . *Оқыту, білім беру жүйесінде қалыптастырылатын білім алу, оны қорыту, пайдаланудың түрлі машықтары.* **5.** п с и х . *Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттыға беру нәтижесінде автоматты машыққа айналуы.*

**Дағды алды.** *Үйренді, көндікті, қалыптасты, әдеттенді.* **Дағды алдырды.** *Үйретті, әдеттендірді.* **Дағды бойынша.** *Әдеттегіше, жайшылықтағыдай, күнделікті қалпындай.* **Дағдыға айналды.** а) *Әдетке сіңді, машыққа түсті.* ә) п с и х . *Тәжірибе негізінде автоматтандырылған машыққа өтті.* **Дағдыға айналдырды.** *Әдет ретінде қалыптастырды, әдет қылды.* **Дағдыға басты.** *Үйренген әдетімен жасады.* **Дағдыға енді.** *Әдетке айналды.* **Дағдыдан тыс.** *Өзгеше, әдеттегіден бөлек, басқаша.* **Дағды қылды.** *Қалыпқа айналдырды, үйренді.*

**ДАҒДЫДА** ү с т . *Әдетте, көбіне-көп, негізінде.*

**ДАҒДЫЛАН=** е т . **1.** *Үйрену, машықтану.* **2.** *Әдеттену, әдетке айналдыру, үйреншікті қылу.* **3.** *Икемделу, ыңғайлану.* **4.** *Төселу, бейімделу.*

**ДАҒДЫЛАНДЫР=** е т . **1.** а ң ш ы л ы қ . *Үйрету, баулу.* **2.** *Бейімдеу, төселту.* **3.** п е д . *Оқыту жұмысындағы машықтандыру.* **4.** ж а ғ ы м с ы з . *Әдетке айналдыру, жаман үйрету.*

**ДАҒДЫЛАНДЫРУ** *Дағдыландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** п е д . *Оқушыны арнайы педагогикалық тәсілдер арқылы белгілі бір әрекетке, білім дағдыларына машықтандыру.* **2.** ә с к . *Әскери тәртіпке, соғыс машығына т.б. үйрету, тәрбиелеу.* **3.** *Малды үйрету, баулу, төселту.*

**ДАҒДЫЛАНДЫРЫЛ=** ет. **1.** *Үйретілу, бейімдендіру, төселу.* **2.** психол. *Автоматты түрде орындауға машықтандырылу.*

**ДАҒДЫЛАНУ** *Дағдылан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үйрену, бейімделу.* **2.** психол. *Өз алдына дербес әрекетпен шұғылдануға машықтану, белгілі бір әрекетті автоматтандыру.*

**ДАҒДЫЛЫ** сын. **1.** *Үйреншікті, машықты.* **2.** *Әккі, кәсіби, тәжірибелі.* **3.** *Дәстүрлі, қалыпты.* **4.** *Қалыптасқан, әбден тексерілген, дұрыстығы күмәнсіз.*

**Дағдылы сатып алушы.** экон. *Тәуекел етуге бейім емес және өзінің ұнатымында оң бағаланған тауарларға басымдық беретін сатып алушы.*

**ДАҒДЫМЕН** үст. *Қалыптасқан тәртіппен, үйреншікті әдетпен.*

**ДАҒДЫР** зат. сөйл. ***Тағдыр.***

**ДАҒДЫРЛАС** сын. сөйл. ***Тағдырлас.***

**ДАҒДЫСЫЗ** үст. *Әдет алмаған, тәжірибесіз.*

**ДАҒДЫСЫНША** үст. *Өзіне тән, үйреншікті әдетінше.*

**ДАҒЛАН** сын. сөйл. ***Жағылған.***

**ДАҒУА** [ар. دعوى] **1.** зат. көне. діни. *Үгіт, насихат, үндеу.* **2.** *Дәлел, айшықты пікір.* **3.** *Міндет, мақсат.* **4.** поэт. *Қызық, дәурен, думанды кез.* **5.** *Қасиет, мәртебе, дәреже.*

**Дағуа жоқ.** ескі кіт. ***Дауа жоқ*** (*лаж, дауа, сөз жоқ деген мағынада*). **Дағуа [қылды] құрды.** *Әрекет жасады, үгіт, насихат етті.*

**ДАҒУАЛЫҚ** сын. көне. *Ерекше, қасиетті.*

**ДАҒҰР** зат. *Моңғол тайпаларының бірі.*

**ДАҒЫ** шыл. **1.** *Тіркескен сөзіне даралау, ерекшелеу мағынасын үстейтін демеулік көмекші сөз.* **2.** *Да, де демеуліктері сияқты мағыналық сабақтастық, іліктестікті білдіретін көмекші сөз.* **3.** сөйл. *Құптау, бекітіп растау мағынасын үстейтін қосымша.* **4.** сөйл. жерг. *Интонация арқылы неге солай етпейсің немесе солай ма деген мағынадағы сұрауды білдіретін көмекші сөз.*

**ДАҒЫМ: дағым қылды.** көне. *Жәрдем жасады, қолдады.*

**ДАҒЫРА** зат. муз. **1.** *Ағаш шеңберге иленбеген бұзау терісін керіп таспамен тіліп жасалатын барабан тектес аспап.* **2.** миф. *Әдетте бақсылардың ойнағында жын шақырады деген сеніммен даңғырлатып ойнайтын аспабы.*

**Дағыра нан.** зат. жерг. *Тандыр пешке пісірілген үлкен нан.* **Дағыра қақты.** *Дабыл қақты, жария етті, шу көтерді.*

**ДАҒЫРАЙ=** ет. *Үлкен қылып көрсету.*

**ДАДА** [ир. داد] зат. жерг. **1.** *Ата, әке; аға.* **2.** сөйл. экспр. *Тәжік, өзбек ағаң деген мағынада.*

**ДАДАН** сын. жерг. ***Надан.***

**ДАДАНДЫҚ** зат. жерг. ***Надандық.***

**ДАЖАЛ** зат. сөйл. ***Тажал.*** **1.** діни. ауыс. *Жалмауыз, бір нәрсенің түбіне жететін жойқын қара күш.* **2.** сөйл. экспр. *Зор күш, бәрінен мықты, үрей туғызатын алып күш иесі деген мағынада.* **3.** *Дұшпан, қастандық ойлаған жау.* **4.** поэт. *Апат, алапат, қиыншылық.* // *Қомағай, күші қатты, тойымсыз, жалмаңдаған, қастық ойлаған.*

**Дажалың келді.** *Өлімің жетті, түбіңе жеткізетін адамың, ісің т.б. жақындады.* **Дажалы болды.** *Біреудің, бір нәрсенің түбіне жетті, аздырып-тоздырушысы болды.*

**ДАЖАЛДАЙ** сын. сөйл. ***Тажалдай.*** // *Тажалға ұқсап, жалмауызға ұқсап.*

**ДАЙ**[1] зат. тар. *Б.з.б. V ғасырда дақтар арасынан тармақтанып бөлініп шыққан ежелгі тайпа.*

**ДАЙ**[2]: **екі дай.** а) *Пікір-көзқарасы қарама-қарсы екі жақ, екі жік.* ә) *Екі түрлі, екіжүзді.* б) *Әлеуметтік, саяси, рулық т.б. сипаты бойынша бөлінген қарама-қарсы екі топ.* в) *Ерегесіп, таласып, ойындағы қысылтаяң кезде бөлінген екі жақ.*

**ДАЙ-ДАЙ** сын. **1.** *Жік-жік, жақ-жақ болып бөлініп, бөлшектенген.* **2.** ауыс. *Екіге бөлінген топтардың біткейтін сөзі.*

**Дай-дай болды.** *Жік-жік, жақ-жаққа бөлінді, берекесі кетті.*

**ДАЙВЕР** [ағыл. diver] зат. спорт. *Дайвингпен шұғылданатын адам.*

**ДАЙВИНГ** [ағыл. diving] зат. спорт. *Су астында жүзу, спорт түрі.*

**ДАЙВИНГТІК** сын. *Дайвингке қатысты.*

**ДАЙДЖЕСТ** [ағыл. digest] зат. инф. *Бірнеше хабарламаларды біріктіріп тұратын пошта тізімінің хабарламасы.*

**ДАЙКА** [ағыл.dike] зат. геол. ***Сығылма*** (*жер қыртысындағы жарықшалардың тау жыныстарына толуынан пайда болған геологиялық дене*).

**ДАЙН** [ир. دین] зат. діни. *Мұсылмандық құқықта – қарыз міндеттемесінің бір түрі.*

**ДАЙРА**[1] зат. муз. *Музыкалық аспап.*

**ДАЙРА**[2] жерг. *Жерге төсеу үшін қамыстан тоқылған шыпта.*

**ДАЙРА**[3] зат. сөйл. **1.** *Дария, өзен, көл.* **2.** ауыс. *Кеңістік.*

**ДАЙРАҚТА=** ет. *Тарамдалу, бөліну.*

**ДАЙРАҚШЫ** зат. жерг. *Алтын, күмістен зергерлік бұйымдар жасайтын ұста.*

**ДАЙРАТЕРМЕ** зат. этн. қолөнер. *Қазақ оюының түрі.*

**ДАЙЫ** зат. жерг. ***Нағашы.***

**ДАЙЫМ** үст. сөйл. ***Дәйім.*** **1.** *Әрқашан.* **2.** ***Ылғи, үнемі.*** // *Әрбір, күнделікті, тұрақты.* // көне. *Ұзақ, созылған.*

**ДАЙЫМШЫЛЫҚ: дайымшылық қылды.** жерг. *Кәсіп қылды, соңына түсті.*

**ДАЙЫН** үст. *Даяр, әзір; сақадай сай.* // *Әзірленіп қойған, бұрыннан сайланған, даярланған.*

**Дайын болды.** а) *Іштей, не болса да, соған бекем, берік болды, орындауға алдын ала ниеттенді.* ә) *Әзірленді, дайындалып бітті.* **Дайын бұйым.** экон. *Одан әрі өңдеу, қайта өңдеу, қайта сату үшін емес, түпкілікті тұтыну мақсатымен сатып алынған бұйымдар.* **Дайын етілді.** *Әзірленді, дайындалды.* **Дайын қылды.** *Сақадай сай етті, әзірлеп болды.* **Дайын өнім.** экон. *Кәсіпорында жасалып шыққан және өндірістік немесе жеке бастың тұтынуы үшін жарамды өнімдер.* **Дайын тұрды.** а) *Әзір болды, күтіп тұрды.* ә) *Біреу дайындап қойды, алдын ала әзірленді.* б) *Бір іске бейім болды, сол ісін, қылығын қайтадан көрсетті.* **Дайын үлгі.** *Қалыптасқан, үйреншікті нұсқа, әзір қалып.*

**ДАЙЫНДА=** ет. **1.** *Әзірлеу, даярлау, жөндеу, реттеу.* **2.** *Шаруашылықтың белгілі бір саласымен байланысты, керекті материалды, өнімді, шикізатты өңдеу; мол қор жасау.* **3.** *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке оқыту, үйрету, білім жетілдіру.* **4.** *Белгілі бір өнерге, іске баулу; тәрбиелеу.* **5.** *Радио-, теле- және музыкалық хабарларға материалын, құжаттарды жазып шығу, әзірлеу.*

**ДАЙЫНДАЛ=** ет. **1.** *Әзірлену, даярлану.* **2.** *Ойластырылу, құрылу, жоспарлану.* **3.** *Тәрбиелену, баулыну, білім алу, жаттау, жаттығу.* **4.** *Жолға әзірлену, жарақталу.* **5.** *Жазылып шығу, басылу, құрылу.* **6.** *Өңделу, жасалу, істелу.*

**Дайындалған қорғаныс.** әск. *Алдын ала инженерлік әдіспен толық жабдықталған, әскерлер орналасқан қорғаныс.*

**ДАЙЫНДАЛУ** *Дайындал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Даярлану, әзірлену.* **2.** *Тәрбиелену, білім алу, жаттау, баулыну, жаттықтырылу.*

**ДАЙЫНДАЛУШЫ** зат. *Дайындықтан өтуші, әзірленуші.*

**ДАЙЫНДАМА** зат. зерг. *Зергердің араластырып дайындап қойған қоспасы.*

**ДАЙЫНДАС=** ет. *Әзірлеуге көмектесу, жасасу, құрасу.*

**ДАЙЫНДАСУ** ет. *Дайындас етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЙЫНДАТ=** **1.** *Әзірлету, жасату, құрғызу.* **2.** *Өңдету, жинату.* **3.** *Баптату, баулыту, тәрбиелету.* **4.** *Пісірту, ас әзірлету.*

**ДАЙЫНДАТУ** *Дайындат етістігінің қимыл атауы; жасату.*

**ДАЙЫНДАТУШЫ** зат. *Дайындап, жасап шығарушы, жасатқан адам.*

**ДАЙЫНДАТТЫР=** ет. *Әзірлеттіру, даярлаттыру.*

**ДАЙЫНДАТТЫРУ** *Дайындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЙЫНДАУ** *Дайында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өңдеу, қор жинау.* **2.** *Жасау, жасап шығару.* **3.** *Даярлау, дайын қылу.* **4.** *Жазу, құру, баспаға әзірлеу.* **5.** *Пісіру, әзірлеу.*

**Дайындау орындары [ұйымдары].** *Ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу үшін сатып алатын арнайы мекемелер.*

**ДАЙЫНДАУШЫ** зат. **1.** *Шаруашылықтың белгілі бір саласы бойынша керекті өнімді, материалды, шикізатты жинау қызметін атқарушы агент.* **2.** *Белгілі бір шаруашылық саласындағы өңдеуші маман.* **3.** *Жасап шығарушы, жасаушы, өндіруші.*

**ДАЙЫНДЫҚ** зат. **1.** *Жолға, саяхатқа, жайлауға т.б. шығуға әзірлік.* **2.** әск. *Әскери іс-әрекеттер жүргізер алдындағы шаралар.* **3.** өнер. *Театрда сахналық қойылымдарға немесе сахналандырылған көріністерге, әдеби, музыкалық т.б. шараларға әзірлік.* **4.** спорт. *Спорттық ойындар алдындағы шаралар, жаттығулар.* **5.** *Біліктілік, кәсіби құзіреттілік.* **6.** *Белгілі бір шаралар алдындағы әзірлік жұмыстары.*

**Дайындық болды.** *Бір нәрсенің жасалуына негіз қаланды.* **Дайындық бөлімі [курс].** *Жоғары оқу орнына түсушілерге арналған даярлау курсы.*

**ДАЙЫНДЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Алдын ала даярлықсыз, әзірліксіз.* **2.** *Тосын, күтпеген жерден, кенеттен болған.*

**ДАЙЫНШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Дайындық.***

**ДАЙЫР** сын. көне. ***Даңғайыр.***

**ДАКТИЛО...** *Мағынасы саусақтармен байланысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ДАКТИЛОГРАФИЯ** [грек. daktylos – саусақ, logos – ілім] зат. пед. *Жазуға ыңғайлы жазық нәрсеге саусақпен жазу.*

**ДАКТИЛОЛОГИЯ** [грек. daktylos – саусақ, grapho – жазамын] зат. пед. *Естуі мен көруінде мүкістігі бар адамдардың ымдап сөйлесетін саусақ әліппесі.*

**ДАКТИЛОСКОПИЯ** [грек. daktylos – саусақ, skopey – көремін] зат. құқық. *Қылмыстыларды іздеу мақсатымен саусақтардың бедерін зерттейтін криминалистика ғылымының бір бөлімі.*

**ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ** сын. құқық. *Дактилоскопияға қатысты, соған тән.*

**Дактилоскопиялық тіркеу.** құқық. *Қылмыстық іс жасағандардың саусақ бедері қорын жасау үшін есепке алу, жинау.*

**ДАКТИЛЬДІК: дактильдік сөйлеу.** *Саусақтар мен олардың қозғалыстарының белгілі бір конфигурациялары арқылы сөйлеу.*

**ДАҚ**[1] [ир. داغ] зат. **1.** *Бір түстің үстіне түскен екінші түстің белгісі.* **2.** *Жарақаттан*

*денеге түскен таңба, тыртық.* **3.** *Терідегі шешектен т.б. қалған таңба.* **4.** биол. *Ағзадағы өзгеріс, кері процестер мен аурудың көрінісі ретіндегі таңба.* **5.** *Белгісіз таңбалар, бір нәрсенің орны, ізі.* **6.** *Киімнің, не басқа бір заттың былғанған жерінде қалған орны, бір нәрсенің түскен табы.* **7.** ауыс. поэт. *Уайым-қайғының, бейнеттің, соғыстың т.б. ізі, табы.* **8.** ауыс. *Кемшілік, мін, ақау.* **9.** ауыс. *Абыройсыздық, беделден айырушылық.*

**Дақ қалды.** *Ызғар қалды, қаяулы болды (көңіл, жүрек, сезім туралы).* **Дақ салды [түсірді].** а) *Өмірдің қиындығынан, біреуге не бір нәрсеге ренжігеннен т.с. көңілде ызғар қалды, сезіміне күдік кірді.* ә) *Қырсықтан немесе біреудің арам ісінен, т.б. салдарынан таза атағы мен абыройына нұқсан келді.* **Дақ салмады.** а) *Ренжітпеді, өкпелетпеді.* ә) *Намысын, атақ-абыройын кірлетпеді.*

**ДАҚ**[2] зат. астр. *Фотосфера газдарының 4500 $^0$С-қа шейін салқындаған жерлері.*

**ДАҚ**[3] сын. көне. *Жалғыз, тақ.*

**ДАҚ**[4] үст. жерг. *Нақ, дәл, тура, нағыз.*

**ДАҚА** зат. көне. **1.** *Тайдың терісі, немесе содан тігілген бағалы сырткиім.* **2.** жерг. *Теріден тігілген тон.*

**Дақа қамшы.** этн. *Тай терісі таспаларынан өрілген қамшы.*

**ДАҚАТ** зат. көне. *Рет, сан, кез.*

**ДАҚБЫРТ** зат. сөйл. ***Дақпырт.*** **1.** *Сөз, хабар, атақ.* **2.** *Бос сөз, даңғаза.*

**ДАҚ-ДАҚ** үст. ***Тақ-тақ.***

**ДАҚПА-ДАҚ** үст. *Дәлме-дәл, нақпа-нақ.*

**ДАҚИТ** [ар. دقيقة] зат. көне. ***Минөт*** *(сағаттың, градустың алпыстан бір бөлігі).*

**ДАҚПА-ДАҚТАП** үст. *Дәлме-дәлдеп, әр біреуін нығырлап.*

**ДАҚПЫРТ** зат. **1.** *Лақап, алыпқашпа сөз.* **2.** *Шулы хабар, әңгіме.* **3.** *Қалыптасқан пікір, атақ.* **4.** *Бос, көтерме, пәтуасыз сөз.* **5.** *Бос айғайшу, даңғаза.*

**Дақпыртқа елікпеді.** сөйл. *Әсіре мақтауға ермеді.* **Дақпыртпен кетті.** сөйл. *Бұрыннан қалыптасқан тәртіппен жүрді, ой елегінен өткізбей, қабылдай салды.* **Дақпырты тарады.** сөйл. *Атақ, даңқы алысқа аян болды.*

**ДАҚПЫРТ-ЛАҚАП** зат. *Қауесет, алыпқашпа сөз.*

**ДАҚПЫРТСЫЗ** сын. *Даурықпасыз, у-шусыз.*

**ДАҚПЫРТТА=** ет. *Даңғазалану, далбалақтау, шулату.*

**ДАҚПЫРТТАУ** *Дақпыртта етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҚСЫЗ** сын. **1.** *Кірсіз, тап-таза.* **2.** *Ашық.* **3.** ауыс. поэт. *Зілсіз, кексіз, ренішсіз.*

**ДАҚТА=** ет. *Дақ салу, таңбалау.*

**ДАҚТАН=** ет. *Теңбіл-теңбіл болып, қараутып көріну.*

**ДАҚТАНУ** *Дақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҚ-ТАҢБА** зат. *Жарақаттан, соққыдан бетке түскен белгі.*

**Дақ-таңба [сүйекке дақ-таңба] салды.** *Атадан келе жатқан текті қасиеттерін таптады, тұтас бір әулет, ата ұрпақтың арына кір келтірді.*

**ДАҚТАУ** зат. қолөнер. *Ою салудың алдындағы белгілеу, белгі салу процесі.*

**ДАҚЫ** зат. *Қалың түбітті теріден, түгі сыртына қаратылып тігілген қыстық сырттық киім.*

**ДАҚЫЛ** зат. егіншар. *Азықтық, өндірістік-техникалық маңызы бар, егіп өсірілетін өсімдіктің жалпы атауы.*

**Дақыл өнімдері.** егіншар. *Малазықтық, азықтық т.б. мәні бар, арнайы өсірілетін өсімдіктерден алынатын өнім.*

**ДАЛ**[1] зат. көне. *Араб әліппесіндегі «د» әрпінің айтылуы.*

**ДАЛ**[2] үст. *Не қыларын білмей дағдарып, дел-сал болған күй.*

**Дал болды.** а) *Басы қатты, есі шықты, дағдырды.* ә) *Әлек болды, не істерін білмей, әлекке түсті.* б) *Дел-сал болды, алабұртты.* в) *Таңғалды, таң болды.* **Дал қылды.** а) *Амалын тауысты, әлек қылды.* ә) *Дағдартты, есін шығарды.* **Дал қылғандай.** контекст. *Дал қылатындай, әлекке салатындай, дағдартатындай.*

**ДАЛА** зат. **1.** *Кең байтақ жазық өңір.* **2.** геогр. *Бетін шөптесін өсімдік басқан, ландшафттық-белдемдік өңірлердің жалпы атауы, орmansыз аумақтар.* **3.** *Сырт жер, тыс.* **4.** сөйл. *Аула, есіктің алды, қора.* **5.** *Ауылды жер, қыр (антонимі – қала).* **6.** *Шабындық, жайылымдық жер.* **7.** *Жапан түз, адам аяғы сирек баратын жер.* **8.** *Белгілі бір жазық жердегі өлке, аймақ.* **9.** ауыс. *Қазақ жұрты, мекені, елі деген мағынада.* **10.** ауыс. *Киелі мекен, атажұрт.*

**Дала аймағы.** геогр. *Солтүстік және оңтүстік жартышарлардағы ауа райы континентті, жауын-шашыны аз географиялық аймақ.* **Дала аңдары.** *Таусыз, ормансыз, шөптесін өсімдік басқан жазық жерді мекендейтін аңдар.* **Дала аптабы.** *Жазық, ормансыз, таусыз өңірде болатын жаздың ортасындағы ыстық.* **Дала ауа райы.** геогр. *Жыл маусымдары айқын байқалатын континентті атмосфералық режим.* **Дала белдемі.** геогр. *Құрлықтардың қоңыржай және субтропиктік белдеулерін қамтитын табиғи географиялық белдем.* **Дала бозторғайы.** зоол. <лат. melanocorypha calandra>. *Торғай тәріздiлер тобының ішіндегі бозторғай тұқымдасына жататын құс.* **Дала бүркіті.** зоол. *Бүркіт тұқымдасына жататын далалық жерде мекендейтін жыртқыш құс.* **Дала генерал-губернаторлығы.** тар. *Патшалық Ресейдің отарлық саясаты тұсында Қазақстанда ХХ ғ-дың алғашқы ширегіне дейін болған әкімшілік аймақ.* **Далаға айтылды.** *Сөзі зая кетті.* **Далаға атты.** *Лақтырып жіберді, лақтырып тастады.* **Далаға жүгірді [шықты].** сөйл. *Дәретханаға, құсуға, басқа да қажетін өтеуге кетті.* **Далаға кетті.** *Істегені текке, босқа кетті, кеш болды.* **Далаға рәсуа болды.** *Зая кетті, бос әуре болды.* **Далаға тастады.** а) *Қадірлемеді, бағаламады.* ә) *Көмілмеді, жерленбеді, көмусіз қалды.* б) *Лақтырды, босқа ысырап қылды, керексіз етті.* **Далаға үйреніп қалды.** сөйл. *Ауылдың өмірі мен тіршілігіне дағдыланып, қырға бауыр басып кетті.* **Далаға шықты.** а) *Сыртқа, тысқа шықты, үйден шықты.* ә) *Сыртқа білдірді, сездірді.* **Далада жатқан жоқ.** сөйл. экспр. *Сұрауы бар, көп емес деген мағынада.* **Далада жүрді.** *Үй көрмеді, елден, отбасынан жырақта жүрді.* **Далада түнеді.** сөйл. *Үйдің сыртында, бөтен үйде қонды.* **Даладан келді.** сөйл. *Алыс сапардан, түздегі ұзақ жолдан немесе жұмыстан оралды.* **Дала ешкіемері.** зоол. <лат. agama sanguinolenta> *Тұрқы 11-12 см, салмағы 35 г-дай, арқа қабыршақтары біркелкі, құйрық қабыршақтары қиғаш орналасқан, шөл және шөлейт жерлерде кеміргіштердің және басқа омыртқалылардың інінде тіршілік ететін кесірткенің түрі.* **Дала жадырағы.** зоол. <лат. anthus richardi>. *Торғай тәрізділер отрядының ішіндегі шақшақай тұқымдасына жататын жыл құсы.* **Дала жалбызы.** өс. *Биіктігі 15-60 (110) см, сабағы тік, гүлдері шар тәрізді өсімдік.* **Дала жәндіктері.** зоол. *Ормансыз, таусыз жазық жерді мекендейтін жәндіктер.* **Дала жұмыстары.** геол. *Геологиялық зерттеу шаралары зерттелмек ауданның өз аумағында жүргізілуін қажет ететін жұмыстар жиынтығы.* **Дала жұрты.** *Көшпенді ел, халық деген мағынада.* **Дала жылқысы.** *Далада жайылып, ел көрмей, тағыланып кеткен асау жылқы.* **Дала жыршысы.** поэт. а) *Даланы өлеңмен дәріптеуші.* ә) *Жыршы құстар.* **Дала кезді.** *Қаңғыды, беталды жүре берді.* **Дала кекіресі.** өс. <лат. centaurea>. *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын шөптесін өсімдіктің далалық жерде өсетін түрі.* **Дала кемесі.** бейн. *Комбайн.* **Дала климаты.** ***Дала ауа райы.*** **Дала көңіл [мінез].** поэт. *Кең, дарқан пейіл.* **Дала күзені.** зоол. <лат. mustela ebersmaun> *Далалық жерде мекендейтін бағалы терілі кішкентай денелі жыртқыш аң.* **Дала күңіренді.** бейн. *Қатты шыққан дыбыстан, шудан, күшті үннен айнала жаңғырды.* **Дала қазағы.** *Қала өркениетінен тысқары, ауылды жердің, қырдың қазағы.* **Дала қазаншоғы.** әск. *Әскери жағдайдағы, егін орағы кезіндегі және т .б. далалық жұмыстарда тамақ дайындауға арналған орындар.* **Дала қазы.** зоол. *Жабайы қаз.* **Дала қиыры.** *Жазықтың көзшалымға түсетін шеті, алыстағы, көз ұшындағы жері.* **Дала қойы.** зоол. *Күйісмүйіздiлер тұқымдасына жататын далалық жерді мекендейтін жұптұяқты, күйіс қайыратын жануар, жабайы аң.* **Дала қосы.** *Егін салу, шөп ору сияқты науқан кезіндегі уақытша баспана.* **Дала қыраны.** зоол. <лат. aquila rapax> *Сұңқар тәрізділер отрядының қыргилар тұқымдасына жататын, далалы жерде мекендейтін жыртқыш құс.* **Дала қырықбуыны.** өс. <лат. equisetum arvense> *Далалы жерде өсетін тамырсабағы бар көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Дала құладыны.** зоол. <лат. circus macrourus> *Ересек аталығының арқа жоны көгілдірленіп, бауыр жағы таза ақ түсті, ұябасарының бауыр жағы қоңырқай, тұмсығы мен тырнақтары қара түсті келетін, жыртқыш құстың далалық аймақта мекендейтін түрі.* **Дала марчелласы.** биол. <лат. morchella steppicola> *Дискомицеттер қатарына жататын қалпақшалы саңырауқұлақ.* **Дала мүлгіді.** бейн. *Қараңғы түсіп, айналадағы күндізгі шу басылды.* **Дала мыңғырды.** *Дала малға толды.* **Дала омырауында [төсінде].** поэт. *Жердің жоғарылау жазық тұсында.* **Дала өркениеті.** мәден и-филос. *Түркітектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы; этно-мәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпат.* **Дала өсімдіктері.** бот. *Құрғақ шым қабатты жерлерде өсуге бейімделген өсімдік құрылымдары.* **Дала перзенті.** поэт. *Дала ұланы.* **Дала поштасы.** әск. *Әскери бөлімнің шартты мекенжайы.* **Дала пішені.** ауылшар. *Жазық, шалғындық жерде өсетін малазықтық шөптесін өсімдіктер.* **Дала соты.** тар. *Ресей империясының Қазақстандағы сот жүйесін қайта құру жөніндегі 1898 ж. заңына сәйкес құрылған орган.* **Дала суықторғайы.** зоол. *Ормандағы даланы мекендейтін төсі қызыл торғай.* **Дала суыры.** зоол. <лат. martofa bobas> *Қыста ұйқыға кететін, тиін тұқымдастарына жататын дене тұрқы кішірек аңның далалық жерде мекендейтін түрі.* **Дала тағысы.** зат. поэт. *Далалық жерді мекендейтін жабайы аң.* **Дала түйеқұлағы.** зоол. *Далалық жерде мекендейтін кемірушiлер отрядына жататын дене тұрқы кішкентай тышқан түрі.* **Дала уәлаяты.** тар. ***Дала генерал-губернаторлығы.*** **Дала флорасы.** бот. *Таралу аймағы Еуразияның далалық жерлеріне тән өсімдіктер тобы.* **Дала хайуанаттары.** зоол. *Далалық аймақта тіршілік ететін жануарлар.* **Дала шиесі.** өс. <лат. cerasus

fruticosa> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, қою қызыл түсті сүйекті ұсақ жемістері бар бұта немесе ағаш түріндегі далалық өсімдік.* **Даланың ажары [еркесі].** бейн. *Далалы жерде емін-еркін өмір сүріп, өсіп-өнетін жануар, өсімдік, тағы аң т.б. тіршілік иесі туралы.* **Даланың дауылындай.** бейн. *Кең жерде, кең аймақты түгел шарпып, ұйытқи соққан шаңды, жауын-шашынды желдей.* **Даланың [кең, жалпақ даладай] кеңдігіндей.** бейн. *Жомарт, кең пейіл, дархан деген мағынада (қазақ ұлтының, халқының көңілі, мінезі туралы).* **Даланың көбелегіндей.** бейн. *Еркін, жеңіл, көзге тартымды деген мағынада.* **Даланың қоңыр желіндей.** бейн. *Жанға жайлы, салқын деген мағынада.* **Даланың қызғалдағы [қызғалдағындай] секілді.** *Бірден көз тартатын, ерекше қанық бояулы, әсем; сұлу, көркем.* **Даланың сағымындай.** бейн. *Із-түзсіз, мүлдем болмағандай деген мағынада.* **Даланы басына көтерді.** *Қатты сөйледі, айғайлады, даурықты.* **Даланы кернеді.** *Далаға сыймай кетті, толып кетті.* **Даланы кеудесіне сыйдырды.** поэт. *Жер-жерді көрді, бәрін көрді.* **Дала шиқылдағы.** зоол. *Тышқанның бір түрі.* **Дала шөптері.** өс. *Ауа райында жылдың төрт мезгілі де айқын білінетін ормансыз, таусыз, жазық жерде өсетін шөптесін өсімдік.* **Дала шпаттары.** геол. *K, Na, Ca алюмасиликаттарының изоморфты қоспалары, кальций мен натрийдің, калий мен натрийдің, калий мен барийдің қаңқалы алюмосиликаттары сияқты жер қыртысының таужынысын құрайтын минералдарының ең көп тараған тобы.* **Дала шырмауығы.** өс. <лат. convolvulus arvense> *Шырмауықтар тұқымдасына жататын, ұзындығы 20-120 см болатын көпжылдық шырмалып өсетін арамшөпті өсімдік.*

**ДАЛАБА**[1] зат. жерг. *Дау, жанжал, машақат.*

**ДАЛАБА**[2] зат. *Баскиім түрі.*

**ДАЛАБАСЫЗ** сын. *Дау-жанжалсыз.*

**ДАЛАБЕЗЕР** сын. экспр. *Далаға қарай жүгіретін, ойыншыл, үйде отырғаннан қашатын (бала туралы).*

**ДАЛАДАЙ**[1] сын. **1.** *Рабайсыз үлкен.* **2.** *Кең ауқымды, алып жатқан жері үлкен.* **3.** *Кең ашылған, салынған, пішілген т.б.* **4.** бейн. *Кеңпейіл, жомарт.*

**Даладай кең.** а) поэт. *Жаны жайсаң, кеңпейіл, ақ көңіл.* ә) *Далиған үлкен, ауқымы көлемді.* **Даладай қуаңсыды.** поэт. *Көңілі түсті, қатты күйзеліп, мұңайды.* **Даладай құлазыды.** бейн. *Барлық жақсы ойы әп-сәтте жоқ болып, жаны күйзелді.* **Даладай ұзақ.** бейн. *Ұзын-сонар, көпке созылған, көлемді.*

**ДАЛАДАЙ**[2] сын. сөйл. экспр. *Қан-жоса, қызыл-ала қан.*

**Даладай қылды.** *Қан-жоса етіп ұрды, мұрнын бұзды.*

**ДАЛА-ДАЛА** сын. сөйл. экспр. *Саутамтығы жоқ, пәре-пәре.*

**Дала-даласын шығарды.** *Парша-парша қылды; сау қалдырмады.*

**ДАЛА-ДАЛАМЕН** үст. *Жолмен, сүрлеумен емес, даламен.*

**ДАЛАЙ=** ет. *Үлкейту, кеңіту.*

**ДАЛАЙБАНА** зат. жерг. этн. *Қыз ұзатқанда жеңгелері алатын кәде.*

**ДАЛАҚ-ДАЛАҚ** еліктеу. *Желбіреген жеңіл заттың желп-желп етіп көрінуін бейнелейтін сөз.*

**ДАЛАҚПАЙ** зат. қарапайым сөз. *Көп нәрсеге мән бермей алаңғасарланып шауып жүре беретін адам.*

**ДАЛАҚПАЙЛА=** ет. *Алды-артына қарамай шаба беру.*

**ДАЛАҚТА=** ет. **1.** *Киімнің етек-жеңінің жалп-жалп етіп, алқа-салқасы шығуы.* **2.** жағымды. *Алды-артына қарамай, алаңғасарланып, арсаландап жаны қалмай шабу.* **3.** ауыс. жағымсыз. мысқыл. *Құр бос елбелектеу, жалпақтау.* **4.** ауыс. *Жоқтан өзгеге алданып, босқа араметр болу.*

**Далақтай берді.** *Босқа, бекерге шапты, босқа әуреленді.*

**ДАЛАҚТАЙ** сын. *Кең, үлкен.*

**ДАЛАҚТАС=** ет. *Дымдары қалмай бірге шауып жүру.*

**ДАЛАҚТАТ=** ет. *Жаны қалмай, алды-артына қарамай шабу.*

**ДАЛАЛЫ** сын. *Жазық, кең алқапты, даласы бар.*

**Далалы жер.** а) *Жазық, таусыз алаңқай, тегіс жер.* ә) геогр. ***Далалық жер.***

**ДАЛАЛЫҚ**[1] сын. **1.** *Далаға тән, далада орналасқан.* **2.** *Даланың ауа райына, табиғатына сәйкес бейімделген.* **3.** *Қала өркениетінен алшақ, еркін, ауылдық, табиғатқа етене жақын.*

**Далалық армия.** әск. *Әскер тобы, бір бөлімнің құрамында немесе өздігінен бір операциялық бағытта ұрыс қимылдарын жүргізуге арналған топ.* **Далалық аэродром.** әск. *Авиациялық бөлімдердің (көбінесе майдандық, армиялық шептерде) уақытша орналасуы үшін қолданылатын қосалқы аэродром және маневр жасау аэродромы.* **Далалық демократия**. *Далалық этномәдени жүйеге сәйкес қалыптасқан еркіндік, билік жүйесі.* **Далалық ел-жұрт.** *Кең жазық өңірді мекендеген халық (түркі халықтары туралы).* **Далалық өркениет.** *Көшпенділер өркениеті.* **Далалық жер.** геогр. *Таусыз, ормансыз, шөп басқан жазық аймақ.* **Далалық жерүсті артиллериясы**. әск. *Ұрыс даласындағы бөлімдер мен бөлімшелердің ұрыс қимылдарын тікелей қолдануына арналған артиллерия.* **Далалық қорғаныс құрылыстары.** әск. *Әскери міндеттерді орындауға қолайлы жағдай туғызу үшін, сондай-ақ жеке құрам мен ұрыс техникасын қарсыластардың жойғыш құралдарынан қорғау үшін дайындық және ұрыс әрекеті кезінде тұрғызылатын бекіністер.* **Далалық пошта.** *Әскери бөлімнің шартты мекенжайы.* **Далалық сот.** әск. *Соғыс кезінде әскери тәртіпті бұзып, қылмыс жасаған адамдарды соттайтын орган.* **Далалық таным.** филос. *Ешқашан өзгермейтін, мыңдаған жылдар бойы қабылданған құндылықтарды сол күйінше ұстана беретін көшпенділер дүниетанымына негізделген альтернативті білік.* **Далалық тоғандар.** ауыл шар. *Жануарларды суару, су құстары мен балық өсіру, кейде егін суару мақсатында сайлар мен ойыстарда жасалатын тоғандар.*

**ДАЛАЛЫҚ**[2] зат. сөйл. *Жазықтық, кең жазық тегіс алқап, жазық жер.*

**ДАЛАН**[1] зат. жерг. *Үйдің кіре берісі, ауыз үй.*

**ДАЛАН**[2] зат. жерг. *Бөз, жібі жуандау ақ мата.*

**ДАЛАҢ** зат. **1.** *Иесіз жер, иен дала.* **2.** *Таусыз, дөңессіз жазық алаң.*

**ДАЛАҢБАЙ** зат. экспр. *Бос жүріспен уақыт өткізетін адам.*

**ДАЛАҢДА=** ет. экспр. **1.** *Далаң-далаң етіп, шапқылау, тынымсыз қозғалу.* **2.** *Етегі далақтап шабу.* **3.** ауыс. *Алды-артын ойламай, мәз болу, алаңғасарлану, арсалаңдау.*

**ДАЛАҢДАТ=** ет. *Етек-жеңін желпілдетіп, далақтап шабу.*

**ДАЛАҢДАУ** *Далаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЛАҢ-ДҰЛАҢ** сын. экспр. **1.** келеме ж. *Алды-артын ойламайтын, бейқам.* **2.** *Арсалаң-арсалаң, алаңсыз.*

**ДАЛАҢҚАЙ** сын. *Ашық, тегіс, кең.* // *Ашық алаң, тегіс, кең алқап.* // *Өзеннің, сайдың алқабы, орман ішіндегі ашық алаң.*

**ДАЛАҢҚЫ**[1] сын. **1.** *Жазық, кең, тегіс, далалы.* **2.** *Далиған, ұшы-қиырсыз.* // *Алаң, жазық жер.*

**Далаңқы ел.** *Ұшы-қиырсыз кең өңір, жазық алқапты мекендеген дала жұрты.*

**ДАЛАҢҚЫ**[2] зат. жерг. *Ағаш кесу үшін әркімнің еншісіне бөлініп берілетін жер.*

**ДАЛАҢҚЫЛАУ** сын. *Жазықтау, ашықтау.*

**ДАЛАП**[1] зат. <ор. помада> *Әдемілік немесе теріні жұмсарту үшін ерінге жағатын қызыл бояу.*

**ДАЛАП**[2] сын. *Ашық қызыл түс.*

**ДАЛАПТА=** ет. *Далап жағу, қызарту.*

**ДАЛАПТАН=** ет. **1.** *Қып-қызыл болу, қызара түсу.* **2.** *Ерніне далап жағыну.*

**ДАЛАПТАЙ** сын. экспр. **1.** *Қып-қызыл.* **2.** *Далап сияқты қызыл түсті.*

**ДАЛАПТАНУ** *Далаптан етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЛАПТАУ** *Далапта етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЛАТАУЫҚ** зат. зоол. *Далалық жерді мекендейтін тауық тұқымдастарына жататын, еті адал жабайы құс.*

**ДАЛАШЫЛ** сын. *Далақұмар.*

**ДАЛБА**[1] зат. жерг. *Күрке, үйшік, уақытша жасалған баспана.*

**ДАЛБА**[2]**: далба ауыз.** сөйл. экспр. а). *Үлкен ауыз.* ә) ауыс. *Әнді жақсы салатын, даусы зор адам деген мағынада.*

**ДАЛБАҒАЙ** зат. көне. *Жауын-шашыннан сақтану үшін киілетін жадағай бас киім.*

**ДАЛБА-ДҰЛБА** сын. *Пәре-пәре, өрім-өрім.*

**ДАЛБА-ЖҰЛБА** сын. сөйл. *Далба-дұлба, алба-жұлба.*

**ДАЛБАЙ**[1] зат. сөйл. ***Далбағай.***

**ДАЛБАЙ**[2] зат. жерг. *Күн өтпеу, маса шақпау үшін киетін тымақ тәрізді жеңіл бас киім.*

**ДАЛБАЙ**[3] зат. **1.** саят. *Қыран құсты баулып, қолға үйретудің бір тәсілі ретінде пайдаланылатын тұлып, бітеу сойылған аң терісі.* **2.** ауыс. *Бос дәлел, орынсыз сылтау.*

**Далбайға түсірді.** саят. *Қыран құсты аң аулауға баулу үшін бітеу сойылған аң терісінің ішін толтырып, тірі аңға ұқсатып құстың алдына тастап, ұстауға үйретті, жаттықтырды.* **Далбай тастады.** саят. *Аңның тұлыбын тастап, құсты алдап, аулады.*

**ДАЛБАҚ** сын. *Далп-далп еткен, далбаңдаған.*

**ДАЛБАҚАЙ** сын. *Далбаңдаған, дарақы.*

**ДАЛБАҚТА=** ет. **1.** *Есі кетіп қуанып шабу, жүгіру.* **2.** *Желпілдеу, желп-желп ету.* **3.** *Қалбалақтап мәз болу.* **4.** *Алды-артына қарамай арсалаңдау, ебедейсіз қозғалу.*

**ДАЛБАҚТАТ=** ет. **1**. *Далп-далп еткізу, желпілдету.* **2.** *Арсалаңдату, ебедейсіз қозғалту.*

**ДАЛБАЛАҚ: далбалақ қақты.** экспр. *Жалпаңдады, дегбірі қалмады.*

**ДАЛБАЛАҚТА=** ет. **1.** *Далп-далп ету; қайта-қайта желпілдету.* **2.** *Қайта-қайта арсалаңдау.* **3.** *Дегбірі қалмай асып-сасу, қалбалақтау.*

**ДАЛБАЛАН=** ет. *Далба-далбасы шығып жыртылу.*

**ДАЛБАЛАҢДА=** ет. экспр. **1.** *Қайта-қайта далбаң-далбаң ету, желп-желп ету.* **2.** *Есі шығып қалбалаңдау, арсалаңдау.*

**ДАЛБАҢ: далбаң етті.** *Далп етті, жалп етті.*

**Далбаң қақты.** а) *Желп-желп етіп, тез қозғалды.*

**ДАЛБАҢДА=** ет. **1.** *Далп-далп ету, желпілдеу.* **2.** *Алды-артына қарамай, далақтау, мәз болу.*

**ДАЛБАРАҚТА=** ет. сөйл. ***Далбалаңда.***

**ДАЛБАС** зат. сөйл. **1.** ***Далбаса.*** **2.** *Жорамал ой, болжам.*

**ДАЛБАСА** зат. **1**. *Нәтижесіз әрекет, құр әурешілік.* **2.** *Бос сөз, өтірік, алдау.* **3.** *Амалсыз қолданған әрекет, ойлап тапқан айла.* **4.** сөйл. экспр. *Істеген амал-әрекетін дабыра қылмай, өзін төменшіктетіп қарапайым көрсету үшін қолданылатын қандай да бір нәтижеге бағытталған іс, ниет, айла деген мағынадағы сөз.*

**ДАЛБАСАЛА=** ет. **1.** *Амалдап көру, тырбану.* **2.** *Қорғану, бассауғалау.* **3**. *Асып-сасу, әуре-сарсаңға түсу.*

**ДАЛБАСАЛЫҚ** зат. *Құр әурешілік.*

**ДАЛБАСТА=** ет. сөйл. ***Далбасала.***

**ДАЛБЫРА=** ет. сөйл. ***Абыржы.***

**ДАЛБЫРАҚТА=** ет. сөйл. ***Далбалақта***.

**ДАЛБЫРЛА=** ет. сөйл. ***Далпылда.***

**ДАЛДА** зат. **1.** *Қағаберіс, таса жер.* **2.** *Қалқа.* **3.** *Ық, пана.*

**ДАЛДА=** ет. көне. *Имену, тайсалу, сескену, жасыру.*

**ДАЛДАЛЫ** сын. *Таса, пана болатын.*

**ДАЛ-ДАЛ** сын. **1.** *Сау-тамтығы жоқ, өрім-өрім, пәре-пәре.* **2.** *Қатты жараланған, быт-шыты шығып талқандалған.*

**Дал-дал болды.** а) *Далба-дұлба болды, жыртылды.* ә) *Быт-шыты шықты, талқандалды.* **Дал-дал қылды.** а) *Жалба-жұлба қылып жырымдады, жыртып тастады.* ә) *Жұлма-жұлма қылып жұлып алды.* б) *Быт-шыт қылды, ойдым-ойдым етті.* **Дал-далын шығарды.** *Талқанын шығарды, сау-тамтығын қалдырмады.* **Дал-далы шықты.** а) *Быт-шыт болды, талқандалды.* ә) *Әбден титықтады.*

**ДАЛДАЛА**[1]**=** ет. **1.** *Бір нәрседен қорғанып, жабу, көлегейлеу.* **2.** *Жасырыну, көзін алдау.* **3.** *Тасалау.* **4.** *Паналау.* **5.** *Жат көзден жасыру.*

**ДАЛДАЛА**[2]**=** ет. *Жұлмалау, дал-дұл қылу.*

**ДАЛДАЛАТ**[1]**=** ет. *Жасырту, тасалату.*

**ДАЛДАЛАТ**[2]**=** ет. жерг. ***Далдаңдату.***

**ДАЛДАЛАУ** сын. *Қағаберіс, тасалау (жер).*

**ДАЛДАЛДА=** ет. *Амалдау, айлалау.*

**ДАЛДАЛЫ** сын. *Қалқалы, бой тасалайтын жері бар.*

**ДАЛДАҢДА=** ет. **1**. *Бетінен ешкім қақпай ерке болып өсу, шолжыңдау.* **2.** ***Далбаңда.***

**ДАЛДАҢДАТ=** ет. *Бетінен қақпай, еркін жіберу.*

**ДАЛДАҢДАУ** *Далдаңда етістігінің қимыл атауы; еркелеу, шолжаңдау.*

**ДАЛДИ=** ет. сөйл. **1.** ***Дали.*** **2.** ауыс. *Масаттану, масайрау.*

**ДАЛ-ДҰЛ** сын. *Дал-дал, пәре-пәре боп жыртылған.*

**Дал-дұл болды.** а) *Парша-паршасы шығып жыртылды.* ә) *Быт-шыты шықты, талқандалды.* б) экспр. *Әлек болды, есі шықты.* в) *Тілім-тілім болды, тілгіленді.* **Дал-дұл етті [қылды].** *Жалба-жұлба, парша-парша қылды.* **Дал-дұлы шықты.** а) *Әбден тозды, қаусады.* ә) *Арыды, қиналды.* б) *Мылжа-мылжа болды.* в) *Көп қасірет көрді, жараланды, қиналды.*

**ДАЛДЫҢ** сын. сөйл. *Далдың-дұлдың еткен, шолжаң.*

**ДАЛДЫҢДА=** ет. *Арсың-гүрсің, қалай болса солай жүру.*

**ДАЛДЫҢ-ДҰЛДЫҢ** сын. **1.** *Парықсыз, шолжаң.* **2.** жерг. *Қалай болса солай, арсың-гүрсің.*

**ДАЛИ=** ет. **1.** *Кең көлемді алып, жайылып, созылып жату.* **2.** *Киімнің етек-жеңі шектен тыс кең ашылу, жайылу.* **3.** ауыс. *Масаттану, көңілі шалқу, мақтану.* **4.** *Кеңи түсу, ұлкею.* **5.** *Жан-жаққа қарай кету, таралу.*

**Далиып жатқан** [далиған] **дала.** поэт. *Ұшы-қиырсыз, созылып жатқан байтақ жер, кең жазық өңір.*

**ДАЛИҒАН** сын. экспр. *Кең, ауқымды, көлемді.*

**ДАЛИТ=** ет. **1.** *Кеңінен ашып тастау.* **2.** *Ұзарту, создыру.* **3.** *Жан-жаққа қарай алшақтату, таралту.*

**ДАЛП** елік. *Жалпақ заттың желден, желпуден т.б. болған бір реттік қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Далп еткізді.** *Желп еткізді, желпітті.* **Далп етті.** а) *Үлкен қанатын желпіді, қақты.* ә) *Жалп етті.*

**ДАЛП-ДАЛП** елік. *Жалпақ заттың желден, т.б. болған бірнеше қайтара қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Далп-далп етті.** *Қанаты немесе жалпақ басқа заттың қайта-қайта желпілдеуі.*

**ДАЛПЫЛДА=** ет. **1.** *Құстың бірден ұшып кете алмай, қайта-қайта қанатын сабалауы.* **2.** *Қанатын сабалап ұшу.* **3.** ауыс. *Далақтап шабу.*

**ДАЛПЫЛДАҚ** сын. экспр. *Қанатын сабалағыш.*

**ДАЛЬТОНИДТЕР** зат. хим. *Құрамы тұрақты химиялық қосылыстар.*

**ДАЛЬТОНИЗМ** зат. мед. *Көздің кейбір түстерді (негізінен, қызыл не жасыл түсті) ажырата алмау кемістігі.*

**ДАЛЬТОН-ПЛАН** зат. пед. *Дараландырған оқыту жүйесі.*

**ДАМАЙ** зат. *У-шу, даурықпа сөз.*

**Дау да жоқ, дамай да жоқ**. *Ешбір қарсылық, талас-тартыс жоқ.*

**ДАМБА** зат. тех. *Су тасқынынан сақтау үшін, су қоймаларын қоршау үшін салынатын гидротехникалық құрылыс.*

**ДАМБАЛ** зат. *Дененің кіндіктен төменгі бөлігіне киілетін екі балағы бар ерлер киімі.* **2.** *Әйелдердің көйлектің ішінен киетін іш киімі.*

**Дамбалын басына кигізді.** экспр. бейпіл. *Әбден масқарасын шығарды, ұялтты.* **Дамбалын қолына ала жүгірді.** экспр. бейпіл. *Алды-артына қарамай, тұра жүгірді, артын күтпеді.* **Дамбалын тастап кетті.** экспр. бейпіл. *Алды-артына қарамай, оң-солын ойламай, бәрін тастап жүре берді.*

**ДАМБАЛДЫҚ** сын. *Дамбал болатындай, дамбалға арналған.*

**ДАМБАЛША** зат. *Дамбалдың ықшамдау, қысқарақ түрі.*

**ДАМБАЛШАҢ** үст. *Үстінде дамбалдан басқа киімі жоқ.*

**ДАММАРА** зат. бот. *Тропиктік ағаштардың шайыры.*

**ДАМОКЛ**: **Дамокл семсері.** *Үнемі төніп тұрған қауіп-қатер деген мағынада [көне грек аңызы бойынша, Сиракуздың жауыз патшасы Дионисийдің (б.д.д. V ғ.) өзімен бәсекелес болған Дамоклдың төбесінен бір тал қылға байлап, төндіріп қойған өткір семсері; сәл қозғалса, семсер үзіліп, Дамоклды өлтіретіндей еткен].*

**ДАМОЛЛА** зат. **1.** көне. *Үлкен оқымысты молда.* **2.** діни. *Ислам дінін насихаттаушылардың, мешіт пен медресе оқытушыларының діни лауазымы.*

**ДАМУ** *Дамы егістігінің қимыл атауы.* **1.** қоғ.-әлеум. *Экономикалық, әлеуметтік т.б. қоғамдық өмір салаларының немесе құбылыстарының жақсаруы, ілгерілеуі, күшеюі.* **2.** *Қандай да бір рухани құбылыстың қалыптасуы, жетілуі, өсуі.* **3.** псих. *Әртүрлі әрекет, тәжірибе негізінде белгілі бір психикалық құбылыс, қасиеттердің қалыптасуы, жетілуі, өзгерісі.* **4.** биол. *Тірі ағзалардың жетілуі, өсуі.* **5.** тар. *Белгілі бір уақыт пен адам қоғамының әртүрлі түрткі жайттарға байланысты өзгерісі, жетілуі.*

**Даму диалектикасы.** филос. *Белгілі бір құбылыстың қалыптасып, жетілуіне себеп болатын екі жақты құбылыстардың қарама-қайшылығы мен бірлігі нәтижесіндегі өзгерістер.* **Дамудың шырқау биігіне көтерілді.** *Дамыды, жетілді, кемеліне келді.* **Даму институттары.** қоғ.-әлеум. *Елдің экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, ғылыми, өндірістік, техникалық салалары мен инфрақұрылымдарын жақсарту мен күшейтуді көздейтін мемлекеттік құзырлы орындар мен мекемелер.* **Даму кезеңдері.** бот. *Өсімдіктерде сапалы өзгерістердің жүруі: өсуі, өнуі, гүлдеуі, жемістеуі, тұқым шашуы.* **Даму шегі.** бот. <грек. klimax> *Өзінің табиғи дамуында ауа райының жағдайына бейімделіп, тұрақты теңдестікке жеткен өсімдіктер құрамы жинағының жоғары даму сатысы.*

**ДАМУШЫ** сын. *Дамып келе жатқан, даму үстіндегі.*

**Дамушы елдер.** экон. *Әлемдік деңгейде экономикасы, әлеуметтік т.б. хал-ахуалы жағынан дамыған елдерден кейінгі қатарда тұрған, енді дамып келе жатқан елдер.*

**ДАМҰЛЛА** зат. сөйл. ***Дамолла.***

**ДАМЫ=** ет. **1.** *Жан-жақты өсу, жақсару, өркендеу.* **2.** *Қалыптасу, жетілу.* **3.** қоғ.-әлеум. *Экономикалық жаңару, ілгерілеу.* **4.** биол. *Жетілу, өсу.*

**Дамыған елдер.** экон. *Әлемдік деңгейде экономикасы, әлеуметтік т.б. хал-ахуалы жағынан алдыңғы қатарда тұрған, өркениетті елдер.*

**ДАМЫҚ=** ет. **1.** *Күшею.* **2.** жерг. *Зорығу, демігу (жылқыға қатысты).*

**ДАМЫЛ** зат. **1.** *Тыным, тыныштық, маза.* **2.** сөйл. *Кідіріс, тоқтау, үзіліс.*

**Дамыл алды.** а) *Тыныстады, тынықты.* ә) *Кідіріс, үзіліс алды.* **Дамыл алмады.** а) *Тыным таппады, саябырсымады.* ә) *Мазасы кетті, берекесізденді.* б) *Кідіріс жасамады, тынықпады.* **Дамыл бермеді**. *Тыныштық бермеді, мазасын алды.* **Дамыл болмады.** *Тыныштық, маза, тыным болмады.* **Дамыл көрмеді.** а) *Тоқтамады, үзіліс жасамады.* ә) *Тыным таппады, тынығуды білмеді.* б) *Мазасы қашты, берекесізденді, тынышсызданды.* **Дамыл қылды.** *Дем алды.* **Дамыл тапты.** *Тыныштады, тынықты.* **Дамыл [тыным, тағат] таппады.** а) *Тынышы кетіп мазасызданды.* ә) *Еңбектенді, бос отырмады.*

**ДАМЫЛДА=** ет. **1.** *Тынығу, дем алу.* **2.** *Тоқтау, сәл үзіліс жасау, аялдау.* **3.** *Қалықтау, шарықтап тұрып алу (дауыс туралы).*

**ДАМЫЛ-ДАМЫЛ** үст. *Әлсін-әлсін, мезгіл-мезгіл, қайта-қайта.*

**ДАМЫЛДАН=** ет. *Дем алу.*

**ДАМЫЛДАТ=** ет. *Дем алдырды.*

**ДАМЫЛДАТУ** *Дамылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДАМЫЛДАУ** *Дамылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Демалу, тынығу.* **2.** *Үзіліс жасау, кідіру, тоқтату.*

**ДАМЫЛСЫЗ** сын. *Үздіксіз, толассыз, тынымсыз. // Бір тоқтамай, арасын үзбей.*

**ДАМЫЛСЫЗДАН=** ет. *Алаңдау, тыным таба алмау, мазасыздану.*

**ДАМЫТ=** ет. *Жаңарту, қозғау салу, күшейту.* **2.** *Өсіп, өркендеу.* **3.** *Ілгерілету, өрбітіп әкету.*

**ДАМЫТУ** *Дамыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жетілдіру, ілгерілету, жақсарту, қолданысын арттырып, кеңейту.* **2.** *Күшейту, одан әрі ныгайту.*

**ДАМЫТУШЫ** зат. *Алға қарай апарушы, жалғастырушы.*

**Дамытушы маркетинг.** экон. *Кәсіпорында межеленіп отырған қажеттілікті қанағаттандыруға тиіс нақты тауар жоқ жағдайда кәсіпорынның тауарлар мен қызметтерге сұранысын нақты ұсынылатын сұранысқа айналдыру жөніндегі маркетингтік қызметтің түрі.*

**ДАМЫТЫЛ=** ет. *Күшейтілу, жақсартылу.*

**ДАН**[1] зат. тар. көне. *Ертеректегі салық түрі.*

**ДАН**[2] зат. спорт. *Спорттың кейбір түрлеріндегі (әдетте шығыс күрес жекпе-жектерінде) біліктілік дәрежесі.*

**ДАН**[3]**: Дан бедеу.** зат. *Жүйріктігімен, мықты төзімділігімен ерекшеленетін қазанат. Жорыққа және әскери шерулерге мінілетін аттың атауы.*

**ДАНА**[1] [ир. دانه] зат. *Біртектес көп заттардың жекесі, біреуі.*

**ДАНА**[2] [ир. دانا] сын. **1.** *Көпті көрген, тәжірибесі мол, оқыған-тоқығаны көп, ақыл-парасатын халық, жұрт мойындаған.* **2.** *Дұрыс, терең, ақиқат.* **3.** *Әділ, тура, турашыл. // Кемеңгер, ақылды, білімді, рухани әлемі бай, ел-жұрт мойындаған тұлға.*

**Дана сөз.** *Үлгілі, өнегелі өсиет.*

**ДАНАГӨЙ** сын. **1.** *Ақылды, білімді, тәжірибелі.* **2.** *Ақыл-парасаты толысқан, білім-тәжірибесі мол. // Ақылшы, көпті көрген тәжірибелі адам. // Ғұлама, ғалым адам.*

**ДАНАЙЛАР** [грек. Danaides] зат. тар. *Агрос аралын мекендеген ертедегі грек тайпасы.*

**ДАНАЛЫҚ** зат. **1**. *Өмірдің шындығын, оның себебі мен салдарын кемеңгерлігімен танып білетін қасиет.* **2.** филос. *Адамзаттың сан ғасырлық таным процесі мен өмір тәжірибесі нәтижесінде жинақталған рухани ілім-білімді игеріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, өнегелі, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білетін адам қасиеті.*

**Даналық сөз.** *Өнегелі өсиет, үлгілі сөз.*

**ДАНАЛЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Даналық.***

**ДАНАСЫН=** ет. экспр. жағымсыз. *Білгішсіну, өзін дана санау.*

**ДАНДАЗА** зат. сөйл. ***Даңғаза*** (у-шу).

**ДАНДАЙСУ** *Дандайсы етістігінің қимыл атауы; өзін басқалардан артық көретін адамның әдептілікке жат мінез-құлық көрсетуі.*

**ДАНДАЙСУШЫЛЫҚ** зат. *Асып-тасушылық, табысқа мастанушылық.*

**ДАНДАЙСЫ=** ет. экспр. жағымсыз. *Асып-тасу, табысқа мастану.*

**ДАНДАЙСЫТ=** ет. *Құтырту, менменсіту.*

**ДАНДАКУ** зат. сөйл. ***Дәндәку*** *(от тұтататын мата жыртындысы, кішкене шүберек).*

**ДАНДАМА** сын. *Әйгілі, даңқты.*

**ДАНДАН** [ар. دندان] зат. қолөнер. сөйл. **1.** *Піл сүйегі.* **2.** *Пілдің үлкен азу тісінің атауы.*

**ДАНДАНА** [пар.] зат. құрылыс. *Дәстүрлі құрылыстағы кірпіш қалаудың ерекше әдісі.*

**ДАНИЯТ** [ар. دنية] зат. көне. *Арамдық, бетсіздік.*

**ДАНЫШПАН** [ир. دانشمند] сын. *Ақыл-парасаты мол, білім-тәжірибесі асқан, бұл қасиетін мойындатқан. // Ақыл-білімі, парасат-тәжірибесі асқан кемеңгер, оқымысты, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға.*

**ДАНЫШПАНДАЙ** сын. *Данышпан сияқты.*

**ДАНЫШПАНДЫҚ** зат. **1.** *Даналық, парасаттылық пен кемеңгерлік, асқан білгірлік.* **2.** филос. *Қоғамдық-әлеуметтік мәні бар мәселелерді асқан парасаттылықпен шеше алатын кемеңгер тұлғаларға тән қасиет.*

**Данышпандықтың дариясы.** поэт. *Асқан кемеңгерлік, ақыл-парасат.*

**ДАНЫШПАНСЫ=** ет. экспр. жағымсыз. *Көсемсіну, білгішсіну.*

**ДАҢ**[1] зат. *У-шу, айғай-ұйғай.*

**Даң болды [етті, қылды].** а) *Басы қатты, не істерін білмей, дал болды.* ә) *У-шу қылды.*

**ДАҢ**[2] зат. жерг. *Даңқ, атақ.*

**Даңға шықты.** *Атағы жайылды, мәлім болды.* **Даң болды.** а) *Аян болды, белгілі болды.* ә) *Састы, есі шықты.* **Даң қылды.** *Атағын шығарды, елге жайды.* **Даң салды.** *Улатып, шулатты; жар салды.*

**ДАҢҒАЗА** зат. **1.** жағымсыз. *Бас қатырғандай ың-шың, айғай, у-шу.* **2.** жағымды. *Думанды, дүбірлі, көңілді, шулы. // Көңілді, дүбірлі.* **3.** *Мақтаншақ, бөспе (адам).* **4.** ауыс. *Құр айқай, бос сөз, байбалам.*

**Даңғаза айқай [айғай, шу].** а) *Айқай, адамның бірін-бірі естімейтін шу.* ә) *Қатты даусытап, дабыра қылып айтылған сөз.* **Даңғаза болды.** а) *У-шу болды, шуылдасты.* ә) *Дабыра болды, ел арасына шумен тарады.* **Даңғаза дабыл.** саят. *Жабыла дабыл қағып, қатарынан бірнеше құс салатын саятшылық түрі.* **Даңғаза қылды [көтерді].** а) *Айқай-шу қылды, байбалам салды.* ә) *Сасқанынан айналасына қарамай, даландап қалды, шулап кетті.*

**ДАҢҒАЗАЛА=** ет. *Улап-шулап, басына көтеру.*

**ДАҢҒАЗАЛАН=** ет. **1.** *Улап-шулау, айқайға салу.* **2.** *Азан-қазан, абыр-сабыр болу.*

**ДАҢҒАЗАЛАНУ** *Даңғазалан етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҢҒАЗАЛАТ=** ет. *Улату-шулату, у-шу қылу.*

**ДАҢҒАЗАЛАТУ** *Даңғазалат етістігінің қимыл атауы; улап-шулату, у-шу қылу.*

**ДАҢҒАЗАЛАУ**[1] сын. *Ақылсыздау, парықсыздау.*

**ДАҢҒАЗАЛАУ**[2] *Даңғазала етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҢҒАЗАЛЫ** сын. *У-шулы.*

**ДАҢҒАЗАЛЫҚ** зат. **1.** *Улап-шулап басына көтерушілік, даурығушылық.* **2.** *Нақты іс-әрекеттен гөрі құр сөзге, байбалам салуға құмарлық түрінде көрініс беретін адам бойындағы ұнамсыз қасиет.* **3.** саяси. әлеум. *Қандай да бір қоғам, әлеуметтік топ туралы қарабайыр түсініктерге сүйеніп, кез келген саяси мәселені оңай, ұстірт, шапшаң, тіпті кейде бүлікшіл жолмен шешуді ұсынатын идеялардың, бағдарламалардың жиынтығы.*

**ДАҢҒАЗАШЫЛ** сын. *У-шуға, байбаламға құмар.*

**ДАҢҒАЙЛЫҚ** зат. сөйл. ***Даңғойлық.***

**ДАҢҒАЙСУ**=ет. экспр. жағымсыз. *Айқай шығару, бүлік жасауға бейім тұру.*

**ДАҢҒАЙЫР**[1] сын. **1.** *Даңқты, суырып салма, ерен жүйрік.* **2.** *Өз ісін емін-еркін, жетік білетін, білгір.*

**ДАҢҒАЙЫР**[2] сын. *Кең, даңғыл, жайылған.*

**ДАҢҒАЛ** сын. сөйл. *Аңқылдақ, аққөңіл.*

**ДАҢҒАРА** зат. сөйл. **1.** ***Даңғыра.*** **2.** *Даңғаза думан, көңілді шу.*

**Даңғара ету.** *Даңқын шығару.* **Даңғара құлағандай.** *Даң-дұң еткен қатты шыққан сыбыстай.*

**ДАҢҒАРАДАЙ** сын. сөйл. ***Даңғырадай*** *(үлкен, кең, зор).*

**ДАҢҒАРАЛАН=** ет. *Дыбыстың даң-дұң етіп қатты шығуы.*

**ДАҢҒОЙ** сын. экспр. *Елірме, есер, бөспе, даурықпа.*

**ДАҢҒОЙЛАН=** ет. *Есерлену, еліру, желігу.*

**ДАҢҒОЙЛАНУ** *Даңғойлан етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҢҒОЙЛАУ** сын. ***Есерлеу.***

**ДАҢҒОЙЛЫҚ** сын. *Еліргіштік, желіккіштік.*

**ДАҢҒОЙСУ** *Даңғойсы етістігінің қимыл атауы.*

**ДАҢҒОЙСЫ=** ет. *Даңғойлану.*

**ДАҢҒЫР-ДҮҢҒЫР** елік. *Даң-дұң еткен ашық дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Даңғыр-дүңғыр етті.** *Даңғырлады, даңғыр-дұңғыр дыбыс шығарды.*

**ДАҢҒЫЛ**[1] зат. <лат. prospectus> *Қаладағы кең, негізгі көше.*

**Даңғыл жол.** а) *Тегіс, кең, тапталып қалған тас жол.* ә) ауыс. *Сара жол, анық, айқын бағыт.*

**ДАҢҒЫЛ**[2] сын. **1.** *Сайрап жатқан кең, тегіс (жол).* **2.** поэт. *Кең ауқымды (жол, ой т.б.).* **3.** ауыс. *Өз ісінің шебері; жетік, сұңғыла, төселген.*

**ДАҢҒЫЛ**[3] сын. жерг. *Жақсы, жетік білгіш, білгір (адам). // Көп білетін, білгіш адам.*

**ДАҢҒЫЛДЫҚ** зат. *Ақыл-парасат кеңдігі, тереңдігі.*

**ДАҢҒЫР** елік. *Шелек, күбі сияқты бос, темірден жасалған заттың бір нәрсеге қатты соғылуынан шығатын немесе адам даусының қатты, бірақ анық емес ашық дыбысын бейнелейтін сөз. // Даңғырлаған үн, шулаған дыбыс. // Беймаза, жағымсыз шуыл. // Даңғырлаған дыбыс шығаратын құрал, аспап.*

**Даңғыр етті.** *Бос шелектің соққыдан бір нәрсеге соғылуынан қаңғырлаған дыбыс шығаруы.*

**ДАҢҒЫРА** зат. көне. **1.** *Дөңгелек ағаш шеңбердің бір жақ бетіне тері қаптап, ішкі жағына сылдырмақ темір тағылатын қазақтың дыбысы күшті музыкалық аспабы.* **2.** ауыс. *Даңғаза, бос, айғай-шу.*

**ДАҢҒЫРА=** ет. **1.** *Даңғырлап, қатты даусыпен сөйлеу.* **2.** ауыс. *Сыңғырлау, жаңа үйдің бой көтеруі.*

**ДАҢҒЫРАҒАН** сын. экспр. *Даңғырлап жаңғырып тұрған кең, үлкен.*

**Даңғыраған жол.** *Сайрап жатқан кең, даңғыл жол.*

**ДАҢҒЫРАДАЙ** сын. *Үлкен, кең, сыңғырлаған.*

**ДАҢҒЫРАҚ** сын. **1.** *Шертпе аспаптар шығаратын даңғырлақ үн.* **2.** ауыс. *Бос, даңғаза (сөз).*

**ДАҢҒЫРАТ=** ет. ***Даңғырлат.***

**ДАҢҒЫР-ДҮҢҒЫР** елік. *Бос, үлкен әрі жұқалау, қатты заттан жасалған затты басқа затпен соққанда шығатын қаңғыр-күңгір, салдыр-сұлдыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Даңғұр-дұңғыр болды.** *Даңғырлап кетті, даңғырлаған шу басты.*

**ДАҢҒЫРЛА=** ет. **1.** *Даңғыр-дұңғыр еткен дыбыс шығару.* **2.** *Дауысты көтеріңкіреп қатты сөйлеу.* **3.** ауыс. экспр. *Ойындағысын айтып салу, еш нәрсе бүкпеу, аңқылдау, аңғалақтау.*

**ДАҢҒЫРЛАҚ** сын. **1.** *Даңғұр-дұңғыр, қаңғырлаған дыбыс шығаратын.* **2.** ауыс. *Даңғой, ойындағысын ойланбай сөйлейтін.*

**ДАҢҒЫРЛАТ=** ет. *Даңғыр-дұңғыр дыбыс шығарып шулату.*

**ДАҢДАҚ** сын. *Мәнсіз, бос сөз.*

**ДАҢДАҚТА=** ет. *Алды-артын аңдамай шалқақтау.*

**ДАҢДАМА** зат. сөйл. *Дабырлаған әңгіме, у-шу.* **2.** жерг. *Ойын-сауық, ырду-дырду.*

**ДАҢДАМА-ДАБЫР** зат. *Даң-дұң еткен дабыра шу.*

**ДАҢ-ДАМАЙ** зат. *Айқай-шу, дауласқан әңгіме. // Айқайлап-шулаған, дау-таласқа бейім.*

**Даң-дамай болды.** *Уласып, шуласты, дабырласып даурықты.*

**ДАҢ-ДҮҢ** елік. *Қаңғыр-күңгір, шаң-шұң дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ДАҢ-ДҰҢДАС=** ет. *Шаң-шұң етіп қатты сөйлесу.*

**ДАҢДЫ** сын. жерг. *Атақты, даңқты.*

**Даңды су.** *Тасқыны қатты өзен.* **Даңды судай тасқызды.** бейн. *Буырқантты, қаһарына мінгізді.*

**ДАҢҚ** зат. *Ерен істер арқылы көпшілікке танылған атақ, абырой; дабыс.*

**Даңққа бөледі.** *Атағын асырды, зор құрметке иелендірді.* **Даңққа ие болды.** *Абырой, атаққа жетті.* **Даңқ қуды.** *Жалған атақтың соңына түсті.* **«Даңқ» ордені**[1]. а) *Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, әскери бөлімдердің жоғары шенді офицерлерін, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының басшыларын үздік еңбектері үшін марапаттайтын Қазақстан Республикасының ордені.* ә) тар. совет. *Отан соғысында ерлігімен көзге түскен жауынгерлер мен офицерлерге берілген үш дәрежелі орден.* **Даңқы артты [дүрілдетті].** *Атақ, абыройы күшейді, өрледі.* **Даңқы асты [жайылды].** *Мәртебесі өсті, атағы шықты, тарады.* **Даңқы биік.** *Атақты, танымал, даңқты (адам).* **Даңқы жер жарды.** *Атағы көпке шықты, кеңге тарады.* **Даңқын асырды**. *Атағын шығарды, абыройын көтерді.* **Даңқын [аспанға] көтерді.** *Абыройын арттырды, атақ-даңқын жайды.* **Даңқы тарады [кетті].** *Атағы, абыройы ел-жұртқа белгілі болды.* **Даңқы шықты.** *Атағы жайылды.*

**ДАҢҚОЙ** сын. сөйл. ***Даңғой.***

**ДАҢҚҚОЙ** сын. *Даңққұмар, даңқшыл.*

**ДАҢҚҚҰМАР** сын. *Атақ, даңқты сүйетін, даңқ қуатын.*

**ДАҢҚСЫЗ** сын. *Елеусіз, ескерусіз, атақсыз.*

**ДАҢҚТЫ** сын. *Атағы шыққан, елге даңқы жайылған, әйгілі.*

**ДАҢҚТЫЛАР** зат. *Атақты, елге танымал даңқы асқан адамдар.*

**ДАҢҚҰРДАС** сын. *Түйдей құрдас, жастары қатар.*

**ДАҢЛЫ** сын. ескікіт. *Даңқты, аты мәшһүр, әйгілі.*

**ДАҢСЫЗ** сын. *У-шусыз, дау-дамайсыз.*

**ДАҢЫЛ** зат. сөйл. *Қатты, даңғырлаған дыбыс.*

**ДАҢЫЛДА=** ет. сөйл. *Даңғырлау, қатты сөйлеу.*

**ДАҢЫЛДАС=** ет. *Айғайласу, ұрысу, керісу.*

**ДАҢЫЛДАТ=** ет. **1.** *Бір нәрсені екіншіге соғып қаңғырлату.* **2.** *Шулату, басына көтеру.*

**ДАО** зат. филос. *Қытай философиясының ең басты ұғымы; бүкіл әлемнің, әрбір заттың даму заңдылығы, ғарыштық үйлесімділік пен қуаттың жарқын бейнесі.*

**ДАОСИЗМ** зат. филос. *Ежелгі Қытай философиясының негізгі бағыттарының бірі және дәстүрлі наным-сенім атауы.*

**ДАП-ДАЙЫН** сын. *Әзір тұрған.*

**ДАП-ДАРДАЙ** сын. *Үп-үлкен, ересек.*

**ДАП-ДАЯР** сын. *Дайын тұрған, сақадайсай.*

**ДАР**[1] [ир. دار] зат. көне. *Өлім жазасына бұйырылған адамды асып өлтіру үшін құрылған баған, діңгек.*

**Дар ағаш.** ***Дар.*** **Дарға асты.** тар. *Өлім жазасына кесілген адамды дар ағашына асып өлтірді.* **Дар құрды.** *Дарға асатын ағашты әзірледі.* **Дар ойыны.** *Керілген арқан [сым] үстінде көрсетілетін ойын.*

**ДАР**[2] елік. *Айырылып, жыртылған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дар айырды.** *Дар еткізіп, қақ бөлді, жыртты.* **Дар айырылды.** *Дар етті, қақ бөлінді, жыртылды.* **Дар еткізді.** *Қақ айырды, дарылдатып жыртты.* **Дар етті.** *Қақ айырылып, дарылдап жыртылды.*

**ДАРА**[1] зат. жерг. *Сай, жыра.*

**ДАРА**[2] зат. сөйл. ***Дар.***

**Дара шапты.** *Алға озып шықты, жеткізбеді.*

**ДАРА**[3] сын. **1.** *Біреу, жалғыз.* **2.** *Ерекше, өзгеше. // Жеке, басқалардан бөлек.*

**Дара арналы есептеу желісі.** инф. <ағыл. the monochannel computer network> *Ақпаратты сұрыптау қатар жүзеге асырылатын есептеу желісі.* **Дара басшылық.** а) *Қол астындағыларға толықтай билік жүргізіп, барлық сала бойынша жеке жауапкершілікке ие басқару түрі.* ә) әск. *Әскери бөлімшені, бөлімді және құраманы жеке командирдің басқаруы.* **Дара бұйымдар.** *Өлшенбейтін жеке зат.* **Дара келді.** *Қара үзіп, озып келді.* **Дара қалды [болды, тұрды].** *Оқшауланды, жалғыз қалды.* **Дара сұрыпталу.** биол. *Популяция деңгейіндегі тіршілік үшін күресте басымдылық көрсететін жеке даралардың дифференциалды көбеюімен сипатталатын табиғи сұрыпталудың бір түрі.* **Дара туған [біткен].** *Ешкімге ұқсамайтын, ерекше жаратылған.* **Дара тұлға.** *Ерекше, айрықша қабілетті адам.*

**ДАРА-ДАРА** үст. *Әрқайсысы жеке, бөлек-бөлек.*

**ДАРАБАПЫШАҚ** зат. жерг. *Нан турайтын үлкен пышақ.*

**ДАРАБОЗ** сын. *Елден ерек озып шыққан.*

**ДАРАҒАТШЫ** зат. жерг. *Жиын-тойды, ойынды басқарушы адам.*

**ДАРАЖАРНАҚТЫЛАР** <лат. monocotyledones; liliopsida> зат. бот. *Тұқымы бір жарнақты гүлді өсімдіктердің үлкен бір тобы.*

**ДАРАЖЕМІСТЕР** [грек. mono – бір, karpos – жеміс] зат. бот. *Гүлдің бір ғана аналығынан түзілетін жемістер.*

**ДАРАҚ** [ир. درخت] зат. **1.** *Биік, зәулім ағаш, терек.* **2.** ауыс. *Пана, сүйеу.* **3.** ауыс. *Дара туған, ерекше, өзгеше.*

**ДАРАҚТАЙ** сын. *Дарақ сияқты.*

**ДАРАҚТАН=** ет. *Ерекшелену, дара болу.*

**ДАРАҚТӘРІЗДЕС: дарақтәріздес мұздық.** *Ірі аңғармен ағып түсетін бас мұздықтан және оған құятын мұздық салалардан тұратын таулық аңғар мұздықтарының бір түрі.*

**ДАРАҚЫ** сын. *Мақтаншақ, тыраш, даңғой.*

**Дарақы болды**. *Жөнсіз, әдепсіз болды.* **Дарақы өскен.** *Бетімен кеткен, әдепсіз өскен.*

**ДАРАҚЫЛАН=** ет. *Әулекілену, тыраштану.*

**ДАРАҚЫЛАУ** сын. *Даңғойлау, ақылы таяздау.*

**Дарақылау мінез.** *Дөрекі мінез.*

**ДАРАҚЫЛЫҚ** зат. *Даңғойлық, есерсоқтық, тыраштық.*

**ДАРАҚЫШЫ** зат. *Сахнаға арналған қуақы, күлдіргі көріністерді орындаушы; сайқымазақ.*

**ДАРАЛА=** ет. **1.** *Жекелеу, бір-бірлеп бөлу.* **2.** *Өзгеден ерекшелеу, оқшау көрсету.*

**ДАРАЛАН=** ет. **1.** *Жеке-жеке бөлініп шығу.* **2.** *Өзгеден ерекшелену.* **3.** *Өзіндік ерекшелікке ие болу.*

**ДАРАЛАНДЫР=** ет. *Ерекшелендіру.*

**ДАРАЛАНДЫРУ** *Дараландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДАРАЛАНУ** *Даралан етістігінің қимыл атауы; ерекшелену.*

**ДАРАЛАУ** *Дарала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жекелеу, дара ету.* **2.** *Ерекшелеу, оқшау көрсету.*

**ДАРАЛЫҚ** зат. **1.** *Жалғыздық.* **2.** *Өзгешелік, ерекшелік.*

**Даралық басқару.** инф. <ағыл. exclusivecontrol> *Мәліметтердің кейбір жинағын тек бір ғана тапсырмамен пайдалану.* **Даралық режім.** инф. <лат. burst mode> *Мультиплекстік арнаның жұмыс режімі.*

**ДАРАМЫ** зат. *Бөз матаның түрі.*

**ДАРАҢ** сын. *Таралып, биік өскен.*

**ДАРАҢДА=** ет. қарап. *Салаңдау, далақтау.*

**ДАРАҢДАТ=** ет. *Далақтатып ойнату, еркелету.*

**ДАРАУЫЗ** зат. *Мылтықтың түрі.*

**ДАРАШЫЛ** сын. экспр. *Көпшіл емес, жекешіл.*

**ДАРАШЫЛДЫҚ** зат. *Томаға-тұйықтық, жекешілдік.*

**ДАРАШЫЛЫҚ** зат. ***Дарашылдық.***

**ДАРБАЗА**[1] [ир. دروازه] зат. **1.** *Қораның, үйжайдың сыртқы үлкен қақпасы.*

**Дарбазасы ашылды.** *Басталды, бір іске аяқ басты.* **Дарбазасын ашты.** сөйл. *Аяқ басты, бет алды.*

**ДАРБАЗА**[2] сын. жерг. *Ожар, ұятсыз, арсыз.*

**Дарбаза ауыз.** сөйл. *Бейпіл ауыз.*

**ДАРБАЗАДАЙ** сын. *Дарбаза сияқты, үлкен, кең.*

**ДАРБАЗАЛЫ** сын. *Дарбазасы бар.*

**Дарбазалы құлып.** *Дарбазаға салынатын құлып.*

**ДАРБАЗАЛЫҚ** зат. *Оғаш қылық.*

**ДАРБАЗАШЫ** зат. *Дарбаза күзетшісі.*

**ДАРБАЙ=** ет. сөйл. *Дарбию, үлкею.*

**ДАРБАҚТА=** ет. *Далаң-далаң етіп жүгіру.*

**ДАРБАҢ** елік. ***Арбаң.***

**ДАРБАҢДА=** ет. *Дарбаң-дарбаң ету.*

**ДАРБАҢ-ДАРБАҢ** елік. ***Арбаң-арбаң.***

**ДАРБЫЗ** зат. жерг. ***Қарбыз.***

**ДАРВИНДІК: дарвиндік бейімделушілік.** биол. *Келесі ұрпаққа қосатын үлесіне байланысты бағаланатын белгілі бір генотиптің басқасымен салыстырғандағы шартты бейімделушілігі.*

**ДАРВИНИЗМ** зат. биол. *Жан-жануар, өсімдіктер түрлерінің шығуы, дамуы табиғи сұрыпталу жолымен болады дейтін және тірі табиғат дамуының заңдары жөніндегі ілім.*

**ДАРҒЫ** зат. жерг. *Бастық, басшы.*

**ДАРДАЙ** сын. **1.** *Үп-үлкен, соқталдай.* **2.** *Ортан қолдай, дыңдай.* **3.** *Үлкен, дәу, зор.*

**Дардай азамат.** экспр. *Үп-үлкен азамат.* **Дардай басымен.** экспр. *Үп-үлкен бола тұрып.* **Дардай болды.** экспр. *Әлдеқандай болды, масаттанды, мәз болды.* **Дардай етті [қылды].** а) *Аз нәрсені үлкейтіп, көтермелеп көрсетті.* ә) *Атағын дабырайтып, әлдеқандай етті.*

**ДАРДАЙСЫ=** ет. қарапайым. *Кісімсу, әлдеқандай болу.*

**ДАРДАҚТА=** ет. сөйл. ***Дардаңдау.***

**ДАРДАҚТАС=** ет. *Қуанысу, шуласу.*

**ДАРДАҢ** сын. *Бетімен өскен, дарақы.*

**ДАРДАҢДА=** ет. қарапайым. *Еркінсініп тайраңдау.*

**ДАР-ДАР** елік. *Матаны, киімді қатты жыртқанда шығатын дыбыс.*

**Дар-дар етті.** *Дарылдаған дыбыс шығарып, қайта-қайта қақ айырылып жыртылды.*

**ДАРДИ=** ет. экспр. *Өзін-өзі көтеру, әлдеқандай болу.*

**ДАРДИТ=** ет. *Әлдеқандай қылу.*

**ДАРИ** *Үндіеуропа тілдерінің ішіндегі иран тобына жататын тіл (Ауғанстанның негізгі екі әдеби тілінің бірі).*

**ДАРИҒА** [ир. دریغا] од. *Шіркін, қайран дүние, дүние жалған.*

**ДАРИҒА-АЙ** од. экспр. *Дүние-ай, шіркін-ай.*

**ДАРИЯ** [ир. دریا] зат. **1.** *Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз. // Терең, тұңғиық.* **2.** ауыс. *Қисапсыз мол, кең (көңіл, ақыл, білім, еңбек т.б.).*

**Дария кешті, тау өтті.** фольклор. *Қиынқыстау жол шекті.* **Дария шалқар көл.** *Телегейтеңіз мол су.*

**ДАРИЯДАЙ** сын. **1.** *Дария сияқты.* **2.** ауыс. *Сарқылмас мол, терең.* **3.** ауыс. *Кең, үлкен.* **4.** ауыс. *Дария сияқты толқымалы, алып-ұшқан (көңіл).*

**Дариядай тасыды.** көтер. стиль. а) *Мол табысқа кенелді.* ә) *Көңілі көтерілді, асып-тасып қуанды, масаттанды.* **Дариядай шалқыды.** көтер. стиль. *Асып-тасып қуанды.*

**ДАРИЯША** үст. *Дарияға ұқсап, дариядай.*

**ДАРҚАН**[1] зат. қолөнер. *Темір ұстаның көне атауы; шебер, темірші.*

**ДАРҚАН**[2] сын. **1.** *Емін-еркін жатқан, кең, сайын.* **2.** ауыс. *Берері мол, кең, жомарт, алуан түрлі, бай.* **3.** ауыс. *Пейілі кең, қайырымды, жомарт, мәрт. // Кеңшілдік, еркіндік. //* ауыс. *Кеңпейіл, жаны жақсы қасиетке бай өнерлі адам.*

**Дарқан көңіл.** а) *Жайдары мінез.* ә) *Жомарт, кеңпейіл.* **Дарқан өмір.** *Алаңсыз, еркін, молшылық өмір.*

**ДАРҚАНДЫ** сын. *Кең, берекелі.*

**ДАРҚАНДЫҚ** зат. *Кеңпейілділік, жомарттық.*

**ДАРҚАНСЫ=** ет. экспр. *Жомартсыну, мырзасыну.*

**ДАРҚАНШЫЛЫҚ** зат. *Кеңшілік, молшылық.*

**ДАРҚОҢЫР** зат. зоол. *Жабайы үйрек түрі.*

**ДАРҚЫЛДАҚ** сын. сөйл. *Бөтен пікірі, бүкпесі жоқ аққөңіл.*

**ДАРСИ** зат. геол. *Кеуек ортаның, атап айтқанда, тау жыныстары өтімділігінің жүйеден тыс бірлігі.*

**ДАРПЫЛДА=** ет. *Далпылдап, далп-далп ету.*

**ДАРУ** [ир. دارو] зат. **1.** *Дәрі-дәрмек.* **2.** *Ем, шипа.* **3.** ауыс. *Жұбаныш, жан рақаты.*

**Дару өсімдіктер.** *Емдік қасиеті бар өсімдіктер.*

**ДАРУҒА** моңғ. зат. көне. *Билеуші, басқарушы.*

**ДАРУҒАБЕК** зат. көне. *Орта ғасырларда Орта Азия хандықтарында ханның жеке иелігіндегі өкілінің лауазымы.*

**ДАРУҒАШЫ** моңғ. зат. көне. *Ханның қаладағы мирасқор әкімі.*

**ДАРУДАЙ** сын. ***Дәрудей.***

**Дарудай әсер етті.** *Дауа болды, жайландырды.* **Дарудай бойға тарады.** *Шипа болды, емдеді.*

**ДАРУЛА=** ет. **1.** *Емдеп жазу.* **2.** *Дәрі себу, дәрілеу.*

**ДАРУЛАУ** *Дарула етістігінің қимыл атауы.*

**ДАРУЛЫҚ** сын. *Емдік, шипалық.*

**ДАРУШЫ** зат. сөйл. ***Емші.***

**ДАРХАН** зат. көне. *Ешқандай алым-салық төлемейтін, басы бос, еркін деген мағынадағы титул, дәреже; тархан.*

**ДАРШЫ** зат. *Керілген арқан бойымен жүріп, әртүрлі жаттығулар мен ойын көрсететін өнерпаз, цирк әртісі.*

**ДАРШЫН**[1] зат. *Татымдық заттар және парфюмерияда қолданылатын кейбір тропиктік ағаштардың кептірілген қабығы, дәмқабық.*

**ДАРШЫН**[2] зат. бот. *Биіктігі 8 м–ге дейін жететін мәңгі жасыл ағаш.*

**ДАРЫ=** ет. **1.** *Оқтың (атылған) денені зақымдап, жарақат түсіруі.* **2.** ауыс. *Адам бойына өнердің қонуы, жақсы қасиеттердің айрықша орын алуы.* **3.** *Тарау, сіңу.* **4.** ауыс. *Жуу, жақындау.*

**ДАРЫЛ** зат. *Дар-дар еткен дыбыс, гүріл.*

**ДАРЫЛДА=** ет. **1.** *Гүрілдеген, барылдаған дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Дандайсу, асқақтау, астамсу.*

**ДАРЫЛДАҚ** сын. экспр. **1.** *Дар-дар еткен жағымсыз (дауыс).* **2.** ауыс. *Аққөңіл.*

**ДАРЫЛДАҢҚЫРА=** ет. *Барылдаңқырау.*

**ДАРЫЛДАТ=** ет. **1.** *Дар-дар еткізу, дарылдаған дыбыс шығарту.* **2.** сөйл. *Дырылдату.* **3.** *Жағымсыз дыбыс шығару.*

**ДАРЫЛДАУ** *Дарылда етістігінің қимыл атауы; дар-дар ету.*

**ДАРЫМШЫ** зат. көне. *Емші, ем-дом жасаушы.*

**ДАРЫН** зат. **1.** *Адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет.* **2.** *Аса талантты, ерекше қабілетті адам.*

**Дарын иесі.** *Ерекше қабілетті тұлға.*

**ДАРЫНДЫ** сын. *Өнерпаздық, тапқырлық т.б. қабілеттері ерекше дамыған, талантты.*

**Дарынды балалар.** пед. *Жалпы және арнайы дарындылығын (музыкаға, сурет салуға, техникаға және т. б.) байқатқан балалар.* **Дарынды сөз.** *Көркем сөз.*

**ДАРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Асқан қабілеттілік, зеректік, алғырлық.*

**ДАРЫНСЫЗ** сын. *Талантсыз, қабілетсіз.*

**ДАРЫНСЫЗДЫҚ** зат. *Талантсыздық, қабілетсіздік.*

**ДАРЫТ=** ет. **1.** *Бойға сіңіру.* **2.** *Денеге жақындатпау, жарақат тигізбеу мағынасында.*

**ДАРЫТУ** *Дарыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Денені жарақаттау, зақымдау.* **2.** *Бойға сіңіру.*

**ДАРТС** [ағыл. darts] зат. спорт. *Арнайы қысқа сапты найзаны (дротик) секторларға бөлінген шеңбер тәрізді нысанаға лақтырып ойнайтын спорттық ойын.*

**ДАС**[1] зат. жерг. *Билік, басшылық.*

**ДАС**[2] зат. жерг. **1.** *Леген, шылапшын.* **2.** *Ішіне ас салатын ыдыс, тегене.*

**ДАСТАН** [ир. داستان] зат. **1.** әдеб. *Әдебиеттегі эпикалық жанр; сюжеті ұзақ жыр, қисса.* **2.** поэт. *Ұзақ әңгіме, тарих, шежіре.*

**Дастан жазылды.** *Тарих қып айтылған, жырланған туынды шығарылды.* **Дастан шертті [шығарды].** *Өткен өмір туралы жырлады, тарих қып айтты.*

**ДАСТАНДАЙ** сын. *Дастан сияқты, дастан тәрізді.*

**ДАСТАНШЫ** зат. *Дастан жазушы немесе дастанды мәнерлеп жатқа айтатын жыршы.*

**ДАСТАР** зат. қолөнер. *Сәлде тәрізді арнайы тігілген діни баскиім.*

**ДАСТАРҚАН** [ир. دستارخوان] зат. **1.** *Үстіне ас-тағам, ыдыс-аяқ қою үшін жайылатын асжаулық.* **2.** этн. *Қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, кең пейіл қонақжайлылығын, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін қастерлі ұлттық мүлік.* **3.** ауыс. *Ішіп-жем, ризық, дәулет.*

**Дастарқан аттады.** *Дәм-тұзды аттады, тәрбиесіздік көрсетті, опасыздық жасады.* **Дастарқанға төкті.** *Барын аямай, дастарқанға қойды.* **Дастарқан жайды.** *Дәм әзірлеп, кеңпейілділік көрсетті; тамақ беруге дайындалды; қонақты дәм-тұзбен қарсы алды.* **Дастарқанды жаңартты.** *Дәмді қайтадан қойып, толықтырды.* **Дастарқан жасау.** *Күнделікті не мерекелік дастарқанды жабдықтау, сәндеу; дастарқан жаю, даярлау.* **Дастарқан жасаулы.** *Дәм әзір, қонаққа дайын.* **Дастарқан қайыру.** *Жақсы тілек айтып, асқа бата беру.* **Дастарқан мезіреті.** этн. *Дастарқан жайып, сый-сияпат көрсетушілік.* **Дастарқан мәзірі.** тамақ. <франц. menu> *Белгілі бір күнгі тағамдар мен сусындар тізбесі.* **Дастарқан үсті.** этн. *Дәмтұзды куә етіп, ант беруде қолданылатын сөз.* **Дастарқаннан дәм тату.** *Қазақ дәстүрі бойынша үй иесіне құрмет нышанын білдіретін қонақ болу, жайылған дәмнен жеу рәсімі.* **Дастарқанның сәнін келтірді.** *Қойылған астың ішінде ерекше дәмді тамақ болды.* **Дастарқан үстінде.** *Ас үстінде; дастарқан басындағы бас қосуда.* **Дастарқаны мол [мол дастарқан].** *Дастарқаны бай, жомарт; пейілі кең, қолы ашық, қонақжай деген мағынада.* **Дастарқанын тілді.** *Дәм-тұзын аттады, дұшпандық жасады.*

**ДАСТАРҚАНДАЙ** сын. **1.** *Дастарқандай ақ, кең, көлемді, үлкен.* **2.** *Жазық, жалпақ.*

**Дастарқандай жазылды.** *Дарқан да кеңпейіл адамша қабылдап алды.*

**ДАСТАРҚАНДАС** сын. *Дәмдес, табақтас.*

**Дастарқандас болды**. *Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, бір дастарқаннан ас ішіп дәмдес болу арқылы жақындасты, бір-бірімен танысты, достық адал ниетті қатынасқа кірді.*

**ДАСТАРҚАНДАС=** ет. *Бірге отырып ас ішу, дәмдес болу.*

**ДАТ**[1] зат. **1.** сөйл. *Бір нәрсеге жұққан дақ, кір.* **2.** ауыс. *Кінәрат, мін.* **3.** ауыс. *Реніш, қайғы, күйзелістің ізі.* **4.** ауыс. *Арамдық, жамандық.* **5.** ауыс. *Жаман атақ.*

**ДАТ**[2] зат. *Данияның негізгі халқы; ұлт.*

**ДАТ**[3] зат. биол. *Өсімдікте болатын ауру.*

**ДАТ**[4]**: дат жікқабаты.** геол. *Бор жүйесінің жоғарғы бөліміне қарасты төменнен санағанда жетінші, ең үстіңгі жікқабат.*

**ДАТ**[5]**:** [ир. داد] од. көне. *Әділеттілікті талап ету, мұң шағу, тілек айту мағынасын білдіреді.*

**Дат айтты.** *Арыз етті, өтініш айтты.* **Дат етті [қылды].** *Паш етті, жариялады.* **Дат тақсыр.** көне. *Хандардың, сұлтандардың алдына бас иіп барған қара бұқараның сөз сұрауын білдіретін қолданыс.*

**ДАТА** [франц. date] зат. *Тарихи маңызы зор оқиғамен байланысты уақыт, мерзім, күн.*

**ДАТА-ВЕКСЕЛЬ** [франц. date, нем. Wechsel – сөзбе-сөз; айырбас] зат. экон. *Төлем мерзімі белгілі бір күнге дейін белгіленбей, берілген сәтінен бастап арада біраз уақыт (бірнеше күн, апта немесе ай) өткеннен кейін белгіленетін вексель.*

**ДАТАГРАММА** [ағыл. Datagram] зат. инф. *Логикалық байланысы тағайындалмай, басқа дестелерге тәуелсіз жеткізілетін есептеу желісі арқылы берілетін десте.*

**ДАТАФАКС** зат. инф. *Ақпаратты мәліметтерді жеткізу желісімен жіберуге арналған абоненттік жүйе.*

**ДАТҚА** [ир. دادخواه] зат. көне. *Хан сарайындағы жоғарғы лауазым, атақ.*

**ДАТҚОЙ** сын. жерг. *Өкпешіл, кінәмшіл.*

**ДАТСЫЗ** сын. ***Татсыз.***

**ДАТТА=** ет. *Жамандау, ғайбаттау, сөгу, сыртынан жамандау.*

**ДАТТАЛ=** ет. *Жамандауға, ғайбат сөзге ұшырау, сөгіс есту.*

**ДАТТАЛУ** *Даттал етістігінің қимыл атауы.*

**ДАТТАН=** ет. **1.** *Таттану, кірлеу.* **2.** ауыс. *Жүректі қайғы, мұң басу.* **3.** ауыс. *Ренжу, қиналу, қапа болу.*

**ДАТТАНУ** *Даттан етістігінің қимыл атауы; тат басу.*

**ДАТТАС=** ет. *Айтысу, ұрысу, керілдесу.*

**ДАТТАТ=** ет. *Кір келтіру, аяққа басқызу.*

**ДАТТАУ** *Датта етістігінің қимыл атауы.*

**ДАТТАУШЫ** зат. *Жамандаушы, ғайбаттаушы.*

**ДАУ**[1] [ар. دعوى] зат. **1.** *Келіспеушіліктен, қарсы болудан туатын егес, керіс, жанжал.* **2.** этн. *Ру ақсақалдарының, бидің алдында шешімін табатын талас-тартысқа түскен мәселе.*

**Дау айтты.** а) *Дауласты, қарсы сөйледі.* ә) *Біреудің дауын дауласты.* **Дау бақпады.** *Дау қумады, бөле қумады.* **Дауға айналды.** *Даушарға ұласты, даулы болды.* **Дауға дамай.** *Дауға қарсы бірдеңе деу, жауап беру.* **Дауға қалды.** *Кінәлі, жазықты болды.* **Дауға түсу.** *Таусылмас айтыстың, таластың ішіне кірді; басы дауға айналды, дау-шарға қалды.* **Дауға ұрынды.** *Пәлеге, дауға қалды.* **Даудан сақтады.** *Ұрыс-керісті айналып өтті, талас-тартыстан аулақ болды.* **Дау жоқ!** *Талассыз, күмәнсіз екенін білдіретін сөзқолданыс.* **Дау қуды.** *Жанжалдасты, таласты.* **Дау сабады.** экспр. *Сөз бермей дауласты, дау соқты.* **Дау салды.** *Дауласты, жанжал шығарды.* **Дау төрт бұрышты, қамшы екі ұшты.** *Дауды әр саққа жүргізіп айта беруге болады деген мағынада.* **Дау туғызды [тудырды].** *Талас-тартыс туғызды.* **Дау шығарды [салды].** *Жанжал, шатақ шығарды.* **Дау шықты.** *Талас туды.* **Дау ісі.** құқық. *Әртүрлі таласты мәселелерді байырғы әдет-ғұрып ережелеріне сүйеніп, заңды жолмен шешу әрекеті.* **Дауы бітпеді.** *Көп талас-тартысты болды, ұзаққа созылды.*

**ДАУ**[2]**: дау ете түсті.** сөйл. ***Лау ете түсті.***

**ДАУА** [ар. دواء] зат. **1.** *Ем, шипа.* **2.** *Амал, айла, лаж.*

**Дауа бар ма [дауа болмас].** *Бөгет, тоқтау жоқ, амал жоқ.* **Дауа болды.** а) *Ем, шипа болды.* ә) *Сылтау, себеп болды.* **Дауа жоқ.** *Шара жоқ, ем жоқ, лаж жоқ.* **Дауа еттіру.** ескікіт. *Жарыққа шығару.* **Дауа [ем] қонды.** *Ем-домы дарыды, тәуір болып кетті.* **Дауа қонбады.** *Ем-домы дарымады, аурудан айықпады.* **Дауа тұтпады.** *Батылы жетпеді.* **Дауа тіледі.** *Көңіліне медет, шипа іздеді.* **Дауасы жеңіл.** *Амалы оңай.* **Дауасы табылды.** *Емі, шипасы табылды.*

**ДАУАДАЙ** сын. *Дауа сияқты.*

**ДАУАЛ** зат. жерг. **1**. *Дуал, қабырға.* **2.** *Шарбақ, соқпа.*

**ДАУАЛА=** ет. *Ем болу, шипа болу.*

**ДАУАЛАН=** ет. **1.** *Ем қону, шипа болу.* **2.** ауыс. *Көңілі орнығу.*

**ДАУАЛАТ=** ет. *Батылдандыру, тәуекелге бел байлату.*

**ДАУАЛАТУ** *Дауалат етістігінің қимыл атауы.*

**ДАУАЛАУ** *Дауала етістігінің қимыл атауы.* **Дауалау әдістері [жолы].** *Емдеу тәсілдері.*

**ДАУАЛЫ** сын. *Шипалы, жанға жайлы.*

**ДАУАСЫЗ** сын. **1.** *Ем қонбайтын, жазылмайтын (дерт).* **2.** *Шарасыз, лажсыз. // Сөзі, ісі берекесіз адам.*

**ДАУАСЫЗДЫҚ** зат. *Шарасыздық.*

**ДАУГЕР** зат. құқық. *Байырғы әдет-ғұрып ережелеріне сүйеніп, даулы істі қуушы, дау иесі.*

**ДАУ-ДАБЫР** зат. сөйл. ***Дау-дабыра.***

**ДАУ-ДАБЫРА** зат. *Дау-дамай, айтыс-тартыс.*

**ДАУ-ДАЛАБА** зат. сөйл. ***Дау-дабыра.***

**ДАУ-ДАЛАБАСЫЗ** сын. *Талассыз, айқай-шусыз.*

**ДАУ-ДАЛБАЙ** сөйл. ***Дау-дабыра.***

**ДАУ-ДАМА** зат. сөйл. ***Дау-дамай.***

**ДАУ-ДАМАЙ** зат. *Айтыс-тартыс, талас.* **Дау-дамайы жоқ.** *Даусыз, талассыз.*

**ДАУ-ДАМАЙСЫЗ** сын. *Талас-тартыссыз.*

**ДАУ-ДАҢҒАЗА** зат. *Талас, керіс, айқай-шу.*

**ДАУ-ДҮДӘМАЛ** зат. ***Күмән.***

**ДАУДЫРА=** ет. сөйл. ***Даудырла.***

**ДАУДЫРЛА=** ет. *Ашық-жарқын салдырлап сөйлеу.*

**ДАУДЫРЛАС=** ет. *Ашық-жарқын сөйлесу.*

**ДАУ-ЖАНЖАЛ** зат. **1.** *Ауыл, ағайын, үй арасындағы ұрыс-керіс, талас-тартыс.* **2.** *Ел ішіндегі белгілі бір мәселелеге қатысты дау-дамай, айтыс.*

**ДАУ-ЖАНЖАЛДЫ** сын. *Талас-тартысты.*

**ДАУ-ЖАНЖАЛСЫЗ** сын. *Ұрыс-керіссіз, талас-тартыссыз.*

**ДАУКЕР** зат. сөйл. ***Даугер.***

**ДАУКЕС** сын. **1.** *Дауқұмар, жанжалшыл. // Дауқұмар адам.* **2.** құқық. ***Даугер.***

**ДАУКЕСТІК** зат. ***Дауқұмарлық.***

**ДАУЛА**[1]**=** ет. құқық. *Байырғы әдет-ғұрып ережелеріне сүйеніп, біреуден өтіп кеткен ақысын, аласысын талап ету, іздену.*

**Дау даулады.** *Даудың артына түсу, айтысу, тартысу.*

**ДАУЛА**[2]**=** ет. сөйл. ***Лаула.***

**ДАУЛА**[3]**=** ет. сөйл. ***Дауала.***

**ДАУЛАҒЫШ** сын. *Даулауға құмар.*

**ДАУЛАС=** ет. **1.** құқық. *Таласу, тартысу.* **2.** *Келіспеу, қарсы сөйлеу, таласу, керілдесу, жанжалдасу.*

**ДАУЛАСУ** *Даулас етістігінің қимыл атауы; айтысып-тартысу.*

**ДАУЛАСУШЫ** зат. құқық. *Өзара таласушы, дау қуушы.*

**ДАУЛАУ** *Даула етістігінің қимыл атауы.*

**ДАУЛАУШЫ** зат. құқық. *Дау иесі, дау қуушы.*

**ДАУЛЫ** сын. **1.** *Дауға, таласқа түскен.* **2.** *Екіұшты, таласты, шешімін таппаған.* **3.** *Дауы, таласы бар; ұрыс-керісті, жанжалды. // Дау қуып жүрген адамдар.*

**Даулы болды.** *Талас, айқай-шудың ішінде қалды, қиын жағдайға ұшырады, дауға қалды.* **Даулы, жанжалды істер.** көне. құқық. *Даудамайы көп істер.* **Даулы мәселе [іс].** *Талас тудырып жүрген жай, жағдай.*

**ДАУН: даун синдромы.** мед. *21 хромосома бойынша трисомия (әдеттегідей екі емес, үш гомологты хромосомалардың болуы) негізінде адамдарда пайда болатын тұқым қуалайтын кесел ауру.*

**ДАУРЫҒУ** *Даурық етістігінің қимыл атауы.*

**ДАУРЫҒУШЫ** зат. *Айқай-шушы, таласушы.*

**ДАУРЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Даңғазалық, дүрлігушілік.*

**ДАУРЫҒЫС=** ет. *Өзара дауласу, таласу, шуласу.*

**ДАУРЫҒЫСУ** *Даурығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ДАУРЫҚ** зат. *Айғай-шу, дабыр.*

**ДАУРЫҚ=** ет. **1.** *Орынсыз өрекпу, дауыс көтеру, дабырлап сөйлеу, басқаны тыңдамау.* **2.** ауыс. *Құр дақпырт тарату, желігу, лепіріп-көпіру.* **3.** *Айтысып-тартысу, жанжалдасу.* **4.** *Дүрлігу.*

**ДАУРЫҚҚЫШ** сын. *Бос сөз, құр дабдырды сүйетін, көпірме.*

**ДАУРЫҚПА**[1] зат. *Көпірме, бос сөз.*

**Даурықпа саясатшылдық.** жаңасөз. *Көпірме сөзге, байбалам салуға негізделген саясатқұмарлық.*

**ДАУРЫҚПА**[2] сын. **1.** *Дабырлаған, қатты шыққан (дыбыс).* **2.** *Айғай-шулы, таласты.*

**Даурықпа шүрегей.** зоол. <лат. anas querquedula> *Қанатының ұзындығы 175–210 мм, салмағы 375–450 г болатын, Қазақстан даласындағы су айдындарында ұялап, Каспийдің оңтүстік жағалауында қыстайтын жыл құсы.*

**ДАУРЫҚПАЛАУ** сын. *Даусын көтеріңкіреу, айғайлап шулау.*

**ДАУРЫҚПАЛЫ** сын. **1.** *Дау-жанжалды, айтыс-таласы бар.* **2.** *Қиын-қыстау.* **3**. *У-шуға толы, той-думанды.*

**ДАУРЫҚТЫР=** ет. **1.** *Жария ету, жаю, айғай-шу қылу.* **2.** *Қатты дыбыс шығару, айғайлап сөйлеу, жария ету.* **3.** *Айғай-шуға, даудамайға айналдыру.*

**ДАУРЫҚТЫРУ** *Даурықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДАУСЫЗ** сын. **1.** *Сөзсіз, күмәнсіз, анық.* **2.** *Дау-дамайсыз, жанжалсыз.*

**Даусыз өндіріп алу.** экон. *Ақшалай соманы даусыз ретпен, соттың немесе өзге органның шешімінсіз мәжбүрлі түрде өндіріп алу.*

**ДАУСЫЗ-ДАМАЙСЫЗ** сын. *Еш қиындықсыз, талас-тартыссыз.*

**ДАУ-ТАЛАС** зат. *Дау-дамай, тартыс.*

**ДАУ-ШАР** зат. **1.** құқық. *Жанжал, талас-тартыс, керіс.* **2.** *Ағайын, үй-іші, ауыл арасындағы дау-дамай, талас.*

**Дау-шарға араласпады.** *Дау-таластан өзін сырт ұстады.*

**ДАУШЫ** зат. *Дау қуушы.*

**ДАУЫЛ** зат. **1.** *Шаңдатып, борандатып, алай-дүлей қып, қатты соғатын жел.* **2.** *Ауырт-палық, қиыншылық. //* ауыс. *Асқақ, екпінді.*

**Дауыл боран.** *Шаңдатқан, борандатқан, алай-дүлей осқырған жел.* **Дауылға [боранға, жауынға] ұрынды.** *Жауын-шашынның астында қалды, ауа райының жайсыздығына ұшырады.* **Дауыл қуды.** *Дауылдың күшімен ықты.* **Дауыл соқты.** а) *Қатты жел, боран болды.* ә) ауыс. *Қиыншылық заман туды.* **Дауыл тигендей [соққандай].** *Дауыл соғып өткен сияқты, астан-кестең, үйқы-түйқы.* **Дауыл тұрды [көтерілді].** *Қатты жел, боран басталды.* **Дауыл үйірді.** ауыс. *Ашулы мінезіне басып, жанышыды.*

**ДАУЫЛДА=** ет. **1**. *Оттың лаулап жануы.* **2.** *Құстың зуылдап ұшуы.* **3.** ауыс. *Дуылдап қызару.* **4.** поэт. *Асқақтау, масаттану.*

**ДАУЫЛДАЙ** сын. **1.** *Дауыл сияқты.* **2.** ауыс. *Күші қатты, екпінді.*

**Дауылдай екпіндетті.** бейн. *Қарқынын күшейтті, қаһарланды, қатты шүйлікті.*

**ДАУЫЛДАС=** ет. сөйл. *Дуылдасып қатты сөйлесу.*

**ДАУЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қатты жел соғып, борандату.* **2.** *Дауылмен ілесе жаңбыр жауу.* **3.** *Дауыл кезінде жолға шығу.* **4.** ауыс. *Дауыл сияқты құйындату.* **5.** ауыс. *Көңілдің тебіренісі, толқуы.* **6.** ауыс. *Екпіндеп сөйлеу.* **7.** ауыс. *Белгілі бір амал-әрекеттің күшті екпінмен, қарқынмен өрістеуі.* **8.** ауыс. *Дүлей күштің басып-жаншып, қайғы-мұң әкелуі.* **9.** *Тыныштықты бұзу, шулату.*

**ДАУЫЛДЫ** сын. **1.** *Қатты жел соғып, дауыл тұрған.* **2.** ауыс. *Қиын-қыстау, аласапыран (кез).* **3**. ауыс. *Ашуы қатты.*

**Дауылды мінез.** *Адуын мінез.*

**ДАУЫЛПАЗ**[1] зат. **1.** зоол. <лат. puffinus> *Түтік тұмсықтылар тобына жататын теңіз құсы.* **2.** *Сұңқар, қыран құс.* **3.** ауыс. *Азаттық, күрес жаршысы.*

**ДАУЫЛПАЗ**[2] зат. **1.** муз. *Ағаштан жасалған, шанағының бір беті терімен қапталған, ұрып ойналатын қазақтың көне саз аспабы.* **2.** аңшылық. *Аңға шыққанда қағатын барабан; құс қайтаратын құрал.* **3.** әск. *Жорықтарда әскербасылардың айбар беріп, қыр көрсету үшін ұстаған соғыс құралы; дабыл.*

**Дауылпаз қақты.** *Бір жерге жиналуға шақырып, үйіріп дабыл қақты.*

**ДАУЫЛПАЗДАЙ** сын. *Дауылпаз сияқты.*

**ДАУЫЛПАЗТЕКТЕСТЕР** зат. зоол. <лат. procellariformes> *Құстар класының отряды.*

**ДАУЫЛСЫЗ** сын. **1.** *Дауылы жоқ, дауыл тұрмаған.* **2.** ауыс. *Жайбарақат, бейқам.*

**ДАУЫЛША** үст. *Дауыл секілді.*

**ДАУЫС** зат. **1.** *Адамның және өкпемен тыныс алатын жануарлардың дыбыстау мүшелері арқылы шығаратын үні, дыбысы.* **2.** лингв. *Көмей арқылы сыртқа шыққан ауа толқынының дірілінен пайда болып, естілетін дыбыс, үн.* **3.** физ. *Физикалық денелердің соқтығысуынан пайда болып, құлаққа естілетін дыбыс, үн.* **4.** муз. *Ән айтқанда шығатын, дауыс желбезегінің ерекше дірілінің нәтижесінде пайда болатын үн, дыбыс күші.* **5.** муз. *Музыкалық пьесадағы екі немесе бірнеше адам қосылып айтатын көп дауыс, я екі дауыс.* **6.** *Адамдардың сайлау кезінде немесе жиналыста белгілі бір ұсынысты шешуге қатысы (жақтауы, я қарсы, қалыс болуы).*

**Дауыс ағыны.** лингв. *Дыбыстың шығу қарқыны.* **Дауыс аппараты.** *Дауыс шығаруға, үн шығаруға қатысатын мүшелер.* **Дауыс ашу.** *Алғашқы әнді айту, бастау.* **Дауыс берді.** а) *Дыбыстады, үн берді, үн қатты.* ә) ресми. *Сайлау кезінде халық ұсынған кандидатқа өз қатынасын білдірді, сайлады.* **Дауыс етті.** *Жоқтау айтты.* **Дауысқа елең етті.** *Дауысқа құлағын тікті.* **Дауысқа салды [қойды]** ресми. *Белгілі бір мәселені анықтау, ұсынысты қабылдау үшін қол көтерді немесе бюллетень арқылы жасырын дауыс берді.* **Даусын көтерді.** а) *Қаттырақ дауыстады.* ә) *Зекіді, ұрысты.* **Дауыс қойды.** *Қаралы үйге дауыс шығарып жылап келді, ат қойды.* **Дауыс қосты.** *Қолдады, қостады, құптады.* **Дауыс құқығы.** экон. *Компания капиталындағы өз үлестерін ескере отырып, компания қызметіндегі мәселелері бойынша дауыс беруге жай акцияларды ұстаушылардың қатысу құқығы.* **Дауыс құстай.** зат. көне. фольклор. *Тоты құстай.* **Дауыс қылды.** *Дауыс шығарып, жоқтап жылады.* **Дауыс саңылауы.** анат. *Көмекей қуысындағы екі қатпар аралығы.* **Дауыс салды.** а) *Дауыс қылды.* ә) *Қатты дауыстап жылады.* **Дауыс түтігі.** лингв. *Дауыс шымылдығының аралығы.* **Дауыс шымылдығы.** а) анат. *Үн шығаруда үлкен қызмет атқаратын, тамақтың ішкі жағына, жұтқыншақтың астына орналасқан мүше.* ә) лингв. *Дыбыстардағы үннің қатысуын айқындайтын сөйлеу мүшесінің бірі.* **Дауыс ырғағы.** а) лингв. *Дыбыстың тербеліс сазы.* ә) *Әуен, саз.* **Дауысы айшылық жерге жетеді.** *Зор дауысты деген мағынада айтылады.* **Дауысы жер [көк, тау, түн] жарды.** *Даусы ерекше қатты, шықты, дүрліктірді.* **Дауысы жетті.** *Даусы, үні естілді.* **Дауысы жойылды.** саяси. *Сайлау құқынан айрылды.* **Дауысы қарлығу.** *Қатты айқай, не жылаудан дауыстың бұзылып шығуы, тамағы қарлығу.* **Дауысы құлақ жарды.** *Даусы қатты шықты.* **Дауысты тану.** инф. <ағыл. voice recognition> *Сөз құрылымын ажырату мақсатымен компьютердің кіру тетігінде дыбыстауды талдау.*

**ДАУЫССЫЗ** сын. *Үнсіз, дыбыссыз.* // *Дауыссыз дыбыс.*

**Дауыссыз дыбыс.** лингв. <лат. consonantism> *Акустикалық жағынан дауыс пен салдырдың қатысынан жасалып, ауа кедергіленіп шығатын дыбыстар.*

**ДАУЫСТА=** ет. **1.** *Дауысты қаттырақ шығарып сөйлеу, қаттырақ айту.* **2.** *Даусын шығарып жылау, еңіреу.* **3.** *Шақыру.*

**Дауыстап жылады.** *Дауыс шығарып, жылады.* **Дауыстап жіберді.** *Қатты айқайлады.* **Дауыстап күлді.** *Дауысын шығарып, қатты күлді.* **Дауыстап оқу.** пед. *Жазылған мәтінді іштен оқымай, даусын шығарып оқыды.* **Дауыстап сөйледі [айтты].** *Даусын шығарып, қаттырақ сөйледі.* **Дауыстап шақырды.** *Айғайлап шақырды.*

**ДАУЫСТАЛУ** зат. ***Дыбысталу.***

**ДАУЫСТАҢҚЫРА=** ет. *Дауысты көтеріңкіреу, қаттырақ сөйлеу.*

**ДАУЫСТАТҚЫЗ=** ет. *Айғайлату, дауыс көтерту.*

**ДАУЫСТАТҚЫЗУ** *Дауыстатқыз етістігінің қимыл атауы*

**ДАУЫСТАУ** *Дауыста етістігінің қимыл атауы; дауыс шығару, айғайлау, дыбыс беру.*

**ДАУЫСТАУШЫ** зат. *Дауыс шығарып жылаған адам.*

**ДАУЫСТЫ** сын. *Дауысқа бай, үнді.* // ***Дауысты дыбыс.***

**Дауысты дыбыстар.** лингв. <лат. vocalism> *Дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қимылынан пайда болатын, айтқанда фонациялық ауа кедергісіз шығатын, сөз ішінде буын жасайтын дыбыстар.*

**ДАФНИЯ** [лат. Daphnia] зат. зоол. *Шаянтектестер класының, оның ішінде жапырақаяқты шаяндар отрядының бір туысы.*

**ДАЦИТ** [лат. dacia]. зат. геол. *Өте ұсақ жымдастырушы масса арасындағы сеппелері әкті-натрийлі дала шпаттарынан (көбінесе андезин), кейде кварцтан немесе түсті минералдардан (биотит, мүйіз алдамышлар, пироксендер) тұратын эффузиялық таужыныс.*

**ДАЯҒАТШЫ** зат. жерг. *Даяшы, жиын-тойды, ойынды басқаратын кісі.*

**ДАЯҒАШЫ** зат. **1.** *Ойын басқарушы.* **2.** этн. *Бәйгеден озып келген атты тосуға арнайы тағайындалған адам.*

**ДАЯР** [ар. تيار] сын. *Алдын ала қамдалған, әзір, дайын.*

**Даяр болды.** *Әзір болды, дайын болды.* **Даяр күйінде.** *Қолдануға әзір (нәрсе), дайын.* **Даяр тұру.** *Дайын тұру.*

**ДАЯРЛА=** ет. **1.** *Әзірлеу, дайындау, қамдау.* **2.** пед. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке арнаулы білім беріп, тәжірибеден өткізіп дайындау.*

**Даярлап қойды.** *Әзірлеп, дайын қып қойды.*

**ДАЯРЛАН=** ет. *Әзірлену, дайындалу.*

**ДАЯРЛАНУ** *Даярлан етістігінің қимыл атауы; әзірлену, дайындалу.*

**ДАЯРЛАС=** ет. *Әзірлесу, әзірлеуге көмектесу.*

**ДАЯРЛАСУ** *Даярлас етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЯРЛАТ=** ет. *Әзірлету, дайындату.*

**ДАЯРЛАТУ** *Даярлат етістігінің қимыл атауы.*

**ДАЯРЛАУ 1.** *Даярла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Іс-шараларды өткізуге әзірлеу.* **2.** пед. *Мамандарды әзірлеу, тәрбиелеу.* **3.** *Шикізатты тұтынуға жарамды ету.* **4.** *Тамақты жеуге дайын қылу, тамақ пісіру, жасау.*

**Даярлау қазбалары.** кен. *Шахта алабын тазартып алуға дайындау барысында жүргізілетін қазбалар.*

**ДАЯРЛАУЛЫ** сын. *Даяр, әзір.*

**ДАЯРЛАУШЫ** зат. *Дайындайтын, әзірлейтін адамдар.*

**ДАЯРЛЫҚ** зат. *Әзірлік, дайындық.*

**Даярлық бөлімі.** пед. *Талапкерді жоғары оқу орындарына түсуге даярлайтын арнайы бөлім.* **Даярлық жасау.** ***Әзірлену.*** **Даярлық жұмысы.** *Әзірлік барысы.* **Даярлық кезеңі.** *Әзірлік жасалып жатқан уақыт.* **Даярлық ісі.** *Белгілі бір салаға, мәселеге байланысты әзірлік барысында жасалатын шаралар, әрекеттер.*

**ДАЯРЛЫҚСЫЗ** сын. *Әзірліксіз, дайындықсыз.*

**ДАЯРШЫ** зат. көне. *Даяшы, күтуші, қызметші.* // *Даяршылық қызмет көрсететін адам.*

**ДАЯШЫ** зат. **1.** көне. *Әмір иесінің бұйрық-жарлығын орындап тұратын тәуелді қызметші.* // *Тәуелді қызметші болып жұмыс істейтін адам.* **2.** *Үлкен жиын-тойда қонақтарды қарсы алып, күтіп қызмет атқарушы.* **3.** <лат. officians> *Асхананың, мейрамхананың тағам таситы қызметшісі.* **4.** *Қазақтың кейбір ұлттық ойындарында көпшілік ішінен сайланып, ойын жүргізуші.*

**ДАЯШЫЛЫҚ** сын. *Жиын-тойды, думанды басқарушылық.*

**ДӘБДІРЕ=** ет. *Асып-сасып, абдырау.*

**ДӘБДІРЕКТЕ=** ет. ***Қалбалақта.***

**ДӘБДІРЛЕ=** ет. сөйл. ***Дабдырла.***

**ДӘГІЛ** [ор. дягиль] зат. сөйл. ***Аюбалдырған*** *(Зәр жүргізу үшін тамыры ұнтақ не қайнатылған тұнба күйінде ішуге пайдаланылатын емдік өсімдік).*

**ДӘЗ** зат. *Ақау, кінәрат, сызат.*

**ДӘЙЕК**[1] зат. **1.** *Дерек, мағлұмат, сүйенетін тірек.* **2.** *Дәлел.*

**Дәйек тапқызбады.** *Маза бермеді.* **Дәйек таппады [тұтпады].** *Тағат таппады, байыздамады.* **Дәйек таптырмады.** *Әбден мазалады, отырғызбады.*

**ДӘЙЕК**[2] зат. жерг. *Қырмандағы астықтан әркімдерге беретін сый.*

**ДӘЙЕКСӨЗ** зат. термин. жаңа. <лат. citatum> *Мәтіндегі автордың ойын нақтылау, дәлелдеу, құптау үшін белгілі бір ғалымның не қаламгердің шығармасынан сөзбе-сөз алынған үзінді; цитата.*

**ДӘЙЕКСІЗ** сын. **1.** *Тұрақсыз, баянсыз, тұрлаусыз.* **2.** *Мәнсіз, мағынасыз, бос.*

**ДӘЙЕКСІЗДЕН=** ет. *Байыз таппау, тағатсыздану.*

**ДӘЙЕКСІЗДЕУ** сын. *Тұрақсыздау, берекесіздеу.*

**ДӘЙЕКСІЗДІК** зат. *Тұрақсыздық, берекесіздік.*

**ДӘЙЕКТЕ=** ет. *Тиянақтау, анықтау, дәлелдеу.*

**ДӘЙЕКТЕЛ=** ет. *Тиянақталу, дәлелдену.*

**ДӘЙЕКТЕЛІН=** ет. *Тиянақталыну, дәлелденілу.*

**ДӘЙЕКТЕМЕ** зат. *Дәлелдеме, тиянақты тұжырым.*

**ДӘЙЕКТЕУ** *Дәйекте етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘЙЕКТІ** сын. **1.** *Тиянақты, тыңғылықты.* **2.** *Табанды, тұрақты, сенімді.*

**ДӘЙЕКТІЛЕ=** ет. ***Дәйекте.***

**ДӘЙЕКТІЛІК** зат. **1.** *Тыңғылықтылық, тиянақтылық.* **2.** экон. *Қаржы есеп-қисабының сапалық сипаттамасы.*

**Дәйектілікпен қарау.** *Байыппен шешу.*

**ДӘЙЕКШЕ**[1] зат. лингв. *Араб жазуындағы жіңішкелікті білдіретін белгі.*

**ДӘЙЕКШЕ**[2] зат. жерг. *Қарақшы, мәре.*

**ДӘЙЕКШІ** зат. сөйл. ***Даяшы.***

**ДӘЙТ** сын. сөйл. ***Дәл.***

**ДӘЙІМ** [ар. دائم] үст. **1.** *Үнемі, ылғи, әрқашан.*

**Дәйім қатысу.** *Үнемі қатысу, қалмау.* **Дәйім соғу.** діни. *Ислам дініндегі бес парыздың бірі – намазды өтер алдында ғұрыптық тазару рәсімі; сапар үстінде далада намаз оқуға тура келгенде, су жоқ жерде топырақпен дәрет алу.*

**ДӘЙІМІ** үст. жерг. ***Дәйім.***

**ДӘЙІС** сын. жерг. *Жеңілтек, тұрақсыз, пәтуасыз.*

**ДӘКЕ** зат. *Жұқа, селдір ақ мата, марля.*

**ДӘКЕДЕЙ** сын. **1.** *Дәке сияқты.* **2.** *Аппақ, боп-боз.*

**ДӘКЕЛЕ=** ет. сөйл. *Дәкемен орау, таңу.*

**ДӘКПІР** зат. ***Тәкпір.***

**ДӘКІ** зат. сөйл. ***Дәке.***

**ДӘЛ** үст. **1.** *Дұрыс, тура, анық.* **2.** *Нақ, нағыз, дәп.*

**Дәл айтқанда.** *Турасын айтқанда.* **Дәл басты.** а) *Бірден таныды, шырамытты.* ә) *Дәл тигізді, тура атты.* **Дәл келді.** *Тура, дөп келді.* **Дәл қазір.** *Тап осы мезетте.* **Дәл ортасы.** *Қақ ортасы.* **Дәл осындай.** *Нақ осы сияқты.* **Дәл өзі.** *Нақ сол, тура өзі.* **Дәл өзіндей.** *Тура өзі сияқты.* **Дәл сол жылы.** *Нақ сол жылы.* **Дәл сол күйінде.** *Тура сол қалпында.* **Дәл тапты.** *Айнытпай білді, дөп түсті.* **Дәл тию.** әск. *Оқ-дәрінің (артиллериялық снарядтың, минаның, ракетаның т.б.) тікелей нысанаға тиюі.* **Дәл төрінде.** *Ең жоғарыда, құрметті орында.* **Дәл тұсы [қасы].** *Тура жаны, сол жер, маңайы.* **Дәл түбі.** *Тура қасы, тұрған жері.* **Дәл түсті.** *Тура келді, айтты.* **Дәл шекеден.** *Қақ шекеден.*

**ДӘЛДЕ=** ет. **1.** *Дөп келетіндей етіп туралау, сәйкестендіру, үйлестіру.* **2.** *Нысанаға алып нақтай көздеу, мүлт жібермеу.*

**ДӘЛДЕГЕНДЕЙ** үст. **1.** *Тұп-тура, көздеп тұрып, дәлдеп тұрып, нақ.* **2.** *Әдейі туралаған сияқты.*

**ДӘЛДЕГІШ** зат. *Нысанаға туралап келтіргіш құрал.*

**ДӘЛДЕН=** ет. *Дәл келтірілу.*

**ДӘЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Туралаңқырау, теңестіріңкіреу.*

**ДӘЛДЕП** үст. *Тап басып, анықтап.*

**ДӘЛДЕСТІР=** ет. *Теңестіру, туралау, дәл келтіру.*

**ДӘЛДЕТ=** ет. *Дәл қылу, дәлдеу.*

**ДӘЛДЕУ** *Дәлде етістігінің қимыл атауы; нақтылау.*

**ДӘЛДИ=** ет. *Ширену, шікірею.*

**ДӘЛДУ** сын. **1.** *Далдың-дұлдың, жындыкеш, есерсоқ.* **2.** *Аңқау.* // *Есерсоқ, жындыкеш адам.*

**Дәлду көрінді.** *Есерсоқ сияқты жүрді.*

**ДӘЛДУЛЕН=** ет. *Есерлену, ақымақтану.*

**ДӘЛДУЛЕУ** сын. сөйл. *Парықсыздау, есерсоқтау.*

**ДӘЛДҮҢ** сын. *Есерсоқ, әумесер, жындыкеш.*

**ДӘЛДҮҢГІР** сын. сөйл. *Дудамал, түсініксіз.*

**ДӘЛДҮР** сын. сөйл. ***Дәлдір.***

**ДӘЛДҮРІШ** зат. сөйл. *Жындыкеш, есерсоқ.*

**ДӘЛДІ** сын. *Дәл, анық, нақ.*

**ДӘЛДІК** зат. **1.** *Тап басып, дөп түсушілік.* **2.** *Тура келушілік.* **3.** *Туралық, дұрыстық.* **4.** *Мұқияттылық.*

**ДӘЛДІЛІК** зат. *Сай келушілік, сәйкес келушілік.*

**ДӘЛДІР[1]** зат. жерг. *Күміс ақша, күміс тиын.*

**ДӘЛДІР[2]** сын. *Піспеген, жас, есер.*

**ДӘЛДІРЕ=** ет. *Асып-сасу.*

**ДӘЛДІРЛЕ=** ет. сөйл. *Өзгемен санаспай, далдырлап көп сөйлеу.*

**ДӘЛДІРЛІК** зат. *Ақымақтық, есерсоқтық.*

**ДӘЛЕКІ[1]** сын. экспр. *Түлкінің күшігі.*

**ДӘЛЕКІ[2]** зат. жерг. *Дарақы, тыраш.*

**ДӘЛЕКІЛЕН=** ет. экспр. *Дарақылану, есерсоқтану.*

**ДӘЛЕЛ** [ар. دلیل] зат. ***Айғақ.***

**Дәлел айтты.** *Дәлелдеп сөйледі.* **Дәлел шығару.** діни. *Қайтыс болған кісіні шығарар алдында Құранды түгел оқыған есебінде Құраннан аят оқу.* **Дәлелі дайын.** *Уәжі әзір.* **Дәлелі жоқ.** *Уәжсіз.*

**ДӘЛЕЛДЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің анығына көзін жеткізу.* **2.** *Ғылыми тұжырымды фактілер негізінде дәйектеу.* **3.** *Өзінің мүддесін, пікірінің дұрыстығын іс жүзінде, таласта көрсету, қорғау.*

**ДӘЛЕЛДЕМЕ** зат. **1.** *Мәселенің, істің ақиқаттығына көз жеткізетін дерек, түсініктеме.* **2.** *Ғылыми деректер.*

**ДӘЛЕЛДЕН=** ет. *Анықталу, дәйектелу, көз жеткізілу.*

**ДӘЛЕЛДЕНУ** *Дәлелден етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘЛЕЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Дәлелдей түсу, анықтаңқырау.*

**ДӘЛЕЛДЕС=** ет. *Дәлелдеуге тырысу, көмектесу, таласу.*

**ДӘЛЕЛДЕТ=** ет. *Анықтату, дәйектету, көзін жеткізу.*

**ДӘЛЕЛДЕТУ** *Дәлелдет етістігінің қимыл атауы, айғақтату.*

**ДӘЛЕЛДЕУ** *Дәлелде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пікірін, ісін т.б. айғақтау, дәйектеу.* **2.** *Ғылыми тұжырымды дәйектеу.*

**ДӘЛЕЛДІ** сын. *Бір негізге сүйенген, нанымды, қисынды.*

**ДӘЛЕЛДІЛІК** зат. *Уәжі күштілік, қисындылық.*

**ДӘЛЕЛҚОР** сын. *Себеп тапқыш, дәлелшіл.*

**ДӘЛЕЛСІЗ** үст. *Дәлелі жоқ, негізсіз, себепсіз.*

**ДӘЛЕЛСІЗДЕУ** сын. *Нанымсыздау, қисынсыздау.*

**ДӘЛЕН** зат. өс. <лат. osmorhiza> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ДӘЛИ=** ет. сөйл. ***Далию.***

**ДӘЛМЕ-ДӘЛ** үст. **1.** *Нақпа-нақ, сайма-сай.* **2.** *Дұрыс, анық.* **3.** *Тура, сөзбе-сөз.* **4.** *Тұп-тура, нағыз, дәп.*

**ДӘЛМЕ-ДӘЛДІК** зат. *Сөзбе-сөздік, тең түсушілік.*

**ДӘЛСІЗДІК** зат. *Сәйкеспеушілік, үйлеспеушілік, жаңсақтық.*

**ДӘЛУ[1]** [ар. دلو] зат. көне. *Күн күнтізбесімен есептегенде он бірінші ай.*

**ДӘЛУ[2]** зат. көне. *Көнтеріден жасалатын, бие сауғанда пайдаланылатын шүмекті шелек, ыдыс.*

**ДӘЛШІЛ** сын. **1.** *Мерген, дәл тигізуші.* **2.** ауыс. *Өмірді, шындықты дәл көрсететін, шынайы.*

**ДӘЛШІЛДІК** зат. **1.** *Мергендік, туралық.* **2.** *Нақтылық, шынайылық.*

**ДӘЛІЗ** [ир. دهلیز] зат. **1.** *Үйдің кіре беріс бөлмесі, ауыз үй, сенек.* **2.** *Мекеме ғимаратындағы ұзын, ортақ, кіреберіс бөлме.* **3.** ауыс. *Босаға.*

**Дәліз етті.** *Бір елден екінші елге, бір жерден екінші жерге тексерусіз, қараусыз, өтіп кететін аралық етті.*

**ДӘЛІР=** ет. жерг. *Еліру, есіру.*

**ДӘЛІРЕК** сын. *Анығырақ, айқынырақ.*

**ДӘЛІРІҢКІРЕ=** ет. *Еліріңкіреу, есіріңкіреу.*

**ДӘМ** [ар. طعم] зат. **1.** *Тағам дәмі әсерінен ауыз қуысында пайда болатын сезім, түйсік.* **2.** *Ауыз қуысындағы мүшелер арқылы білінетін ас-тағамның өзіндік қасиеті.* **3.** ауыс. *Ас, тағам, тамақ.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің мән-маңызы, қасиеті.*

**Дәм айдады [ауды, жазды, тартты].** *Белгілі бір себеппен бір жерге сәті, жолы түсті, орайы келді.* **Дәм айыру.** псих. *Сезім мүшелерінің түйсігімен дәмді ажырату, анықтау.* **Дәм [ас] аттама.** *Ас ауыз ти, дәм тат деген мағынада.* **Дәм ауыз тиді.** этн. *Үйге келген, үйге кіріп-шыққан адамның дастарқандағы кез келген дәмнен алып жеп, аруақтар разы болсын деген ниеті.* **Дәм баданасы.** анат. *Жануарлардың дәм сезу мүшесінің құрамдас бөлігі.* **Дәм берді.** *Тамақтандырды, тамақ ішкізді.* **Дәмін бұзды.** а) *Дәмін кетірді, айнытты.* ә) *Шырқын алды, бүлдірді.* **Дәм бұйырды.** а) *Дәм тартты, нәсіп етті.* ә) *Реті келді, жолы түсті.* **Дәмге тойды.** *Тойып тамақ жеді, әбден тамақтанды.* **Дәм жазды.** *Жолы түсті, сәті келді, тағам бұйырды.* **Дәм көтерді.** *Қазан асып, ас әзірледі.* **Дәм күтті.** *Дәмеленді, дәме етті.* **Дәм қоспады.** *Бір-бірімен тату-тәтті тұра алмады, келіспеді, отаса алмады.* **Дәм сезу.** биол. *Ауыз қуысындағы дәмсезгіш баданаларға әсер ететін химиялық заттардың қасиеттерін қабылдау.* **Дәм сезімі мүшесі.** биол. *Азықтың дәмін, сапасын анықтайтын сезім мүшесі.* **Дәм татқан құдыққа түкірді.** *Жақсылыққа жамандық істеді, кесірлік жасады.* **Дәм тату.** а) этн. *Қазақ халқының дәстүрлі тұрмысындағы салт; көршілердің, туған-туыстардың бірін-бірі қонаққа шақыруы.* ә) тағам. <лат. degusto > *Тағамның немесе тағамдық өнімнің дәмі бойынша сапасын бағалау.* **Дәм таттыру.** этн. *Дәм беру, сыйлап қонаққа шақыру рәсімі.* **Дәм ұрсын.** қарғ. *Татқан дәмнің құшырына (құсырына) жолық деген мағынада.* **Дәмін алды.** а) *Нәрін алды.* ә) ауыс. *Тебіренді, толғанды.* **Дәмін айырды.** а) *Дәмін сезді, ажыратты.* ә) *Жаман мен жақсыны, зиян мен пайданы таныды, түсінді.* **Дәмін арамдады.** *Опасыздық жасап, сенімді ақтамады.* **Дәмі бітті [таусылды].** *Қайтыс болды, дүниеден өтті.* **Дәмі таусылды [бітті].** *Ажалы жетті.* **Дәмі енгенше.** *Тәтті болып, әбден піскенге дейін.* **Дәмі жоқ.** *Мәнсіз, маңызсыз.* **Дәмі кетті.** *Бұрынғы бағасынан, қадірінен айырылды, құны қалмады.* **Дәмі кетпейді.** *Өте дәмді, тәтті.* **Дәмі үйірілді.** *Дәмі келді, бал татыды.*

**ДӘМДЕ=** ет. **1.** *Тағамның дәмін кіргізіп, нәрлі, тәтті, жұғымды ету.* **2.** ауыс. *Сөзді мәнерлеп айту.*

**ДӘМДЕН=** ет. *Дәмі кіру, дәмді болу.*

**ДӘМДЕНДІР=** ет. **1.** *Дәмді ету.* **2.** ауыс. *Мәнерлеп айту, нақышына келтіріп жеткізу.*

**ДӘМДЕНДІРУ** *Дәмдендір етістігінің қимыл атауы; дәмді ету.*

**ДӘМДЕС[1]** зат. **1.** *Табақтас, дастарқандас.*

**Дәмдес болды.** *Бірге жүріп, дастарқандас болды.*

**ДӘМДЕС[2]** сын. *Дәмі ұқсас, бірдей.*

**ДӘМДЕС-ТҰЗДАС** сын. *Аралас-құралас, тілектес, ниеттес.*

**Дәмдес-тұздас болды.** этн. *Бірге жүріп, дастарқандас, аралас-құралас, табақтас болды.*

**ДӘМДЕСТІК** зат. *Ежелден араласушылық, аралас-құраластық.*

**ДӘМДЕУІШ** зат. *Тағамды дәмдендіретін түрлі ащылы-тұщылы қосымша заттар.*

**ДӘМДІ** сын. **1.** *Бабымен дайындалған нәрлі, жұғымды, тәтті (тағам).* **2.** ауыс. *Тартымды, қызықты, маңызды.*

**Дәмді сөз.** *Көңілге қонымды, мәнді сөз.*

**ДӘМДІК** сын. *Тағамның дәміне қатысты, дәмге тән.*

**ДӘМДІЛІК** зат. *Татымдылық, тәттілік, жұғымдылық.*

**ДӘМДІРЕК** сын. *Дәмділеу, жұғымдылау.* **2.** ауыс. *Маңыздырақ, тартымдырақ, мәндірек.*

**ДӘМЕ** [ар. طمع] зат. *Көңілге үміт ұялатқан, талаптандырған ой.*

**Дәме артты [етті, қылды].** *Үміттенді, дәмеленді, үміт артты.* **Дәме етті.** *Үміт артты, дәмеленді.* **Дәме жоқ.** *Үміт, сенім жоқ.* **Дәме көп те, дәрмен жоқ.** *Қанша үміттенгенмен, шамасы, мүмкіндігі жоқ.* **Дәме қылысты.** *Үміт артысты, дәмеленісті.* **Дәмесі бар.** а) *Дәмелі; ойы, үміті бар.* ә) *Белгілі бір кәсіп, өнер саласының білікті маманы, дарын иесі боламын ба деген ішкі ойы бар.* б) *Жігіттің қызға сөз салатын ойы бар.*

**Дәмесі зор [үлкен, күшті].** *Үміті, ниеті, талабы жоғары.* **Дәмесін қара [қарай көр].** кекесін. *Әліне, шамасына қарамай ойын, ниетін қара деген мағынада айтылатын сөз.*

**ДӘМЕГӨЙ** сын. *Дәмешіл, үміткер.*

**ДӘМЕГӨЙЛІ** сын. *Үміттенген, дәмеленген, сенген.*

**ДӘМЕГӨЙЛІК** зат. *Үміт етушілік, сенім қылушылық.*

**ДӘМЕЛЕН=** ет. *Үміттену, сенім арту.*

**ДӘМЕЛЕНГІШ** сын. *Үміттенгіш, үміт артқыш.*

**ДӘМЕЛЕНДІР=** ет. *Үміттендіру, емексіту.*

**ДӘМЕЛЕНДІРУ** *Дәмелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘМЕЛЕНТ=** ет. *Үміттендіру, емексіту.*

**ДӘМЕЛЕНУ** *Дәмелен етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘМЕЛІ** сын. *Үміткер, дәмегөй.*

**Дәмелі жүр.** *Дәмесі бар, ойы бар.*

**ДӘМЕСІЗ** сын. *Үмітсіз.*

**ДӘМЕТ=** ет. **1.** *Біреуден бірдеңе алғысы келу, дәмелену, еміну.* **2.** этн. *Емшекте баласы бар әйелдің біреудің асына құмартуы.*

**ДӘМЕТКІЗ=** ет. *Үміттендіру, дәмелендіру.*

**ДӘМЕТКІШ** сын. *Үміттенгіш, тіленгіш.*

**ДӘМЕТТІР=** ет. *Үміт күттіру.*

**ДӘМЕТУ** *Дәмет етістігінің қимыл атауы; дәмелену, алғысы келу, еміну.*

**ДӘМЕШІЛ** сын. *Дәметкіш, үміттенгіш.*

**ДӘМЕШІЛДІК** зат. *Дәметкіштік, үміттенгіштік.*

**ДӘМЖАПЫРАҚ** зат. бот. *Оңтүстік өңірде өсетін, жапырақтары тағамға хош иіс қосатын, мәңгі жасыл түсті өсімдік.*

**ДӘМЖЕМІСТІ** зат. биол. <лат. haloz-zhagidaceae> *Сулы, батпақты жерлерде өсетін көпжылдық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ДӘМҚОСАР** зат. жаңасөз. *Тамақтың дәмін келтіру және хош иіс беру үшін қосылатын заттар.*

**ДӘМСІЗ** сын. **1.** *Ешқандай дәмі жоқ.* **2.** *Дәмді емес, тәтті емес, сүйсінбейтін (тағам).* **3.** *Тағам дәмін кіргізетін дәмдендіргіш заттар қосылмаған.* **4.** ауыс. *Татымсыз, бос, мәнсіз (сөз).*

**ДӘМСІЗДЕН=** ет. *Дәмнің бұзылуы, кетуі.*

**ДӘМСІЗДЕУ** сын. **1.** *Дәмі жоқ, татымсыз.* **2.** ауыс. *Тартымсыз, сүйкімсіз.*

**ДӘМСІЗДІК** зат. **1.** *Тағамның дәм-татуының болмауы.* **2.** ауыс. *Сөздің татымсыздығы, мәнсіздігі.*

**ДӘМ-ТАҒАМ** зат. *Ас, тағам, тамақ.*

**ДӘМТАТЫМДЫҚ** сын. *Тағамның дәмін келтіретін.*

**Дәмтатымдық өсімдіктер.** *Тамаққа өткір дәм және хош иіс беру үшін оған қосылатын өсімдік тектес татымдық заттар.*

**ДӘМ-ТҰЗ** зат. **1.** *Ас, тамақ.* **2.** *Азық- түлік.* **3.** *Астың татымы, дәмі.* **4.** ауыс. *Жазмыш, өмір.*

**Дәм-тұз айдады [тартты].** *Көрудің нәсібін жазды.* **Дәм-тұз атқыр [ұрсын].** қарғ. *Татқан дәмнің құшырына жолық деген мағынада.* **Дәм-тұз атсын!** қарғыс. *Дәм-тұздың қасиеті ұрсын!* **Дәм-тұзды аттады.** *Асыраған ортасын сатып кетті.* **Дәм-тұз тапты.** *Тамағын асырады, күнін көрді.* **Дәм-тұз татты.** а) *Жазмыш жазып, тағдыр айдап бұрын бармаған, ойламаған жерге барды, көрді, адамдармен араласты.* ә) *Дастарқанында қонақ болды.* **Дәм-тұз тосты.** *Тамақтандырды, ас ұсынды, сыйлады, құрметтеді.* **Дәм-тұз үйден тартсын.** тілек. *Үйіне аман-есен оралсын, аман барып, сау қайтсын.* **Дәм-тұзына салды [тапсырды].** *Тәуекел етті, ар-ұжданына тапсырды.* **Дәм-тұзы араласты.** *Аралас-құралас болды, жақсы қарым-қатынаста болды.* **Дәм-тұзы бітті [таусылды, түгесілді].** *Ажалы жетті, өлді.* **Дәм-тұзы жарасты.** *Бір-бірінің көңілінен шығып, тіл табысты.* **Дәм-тұзы жараспады [жарасқан жоқ].** а) *Тіл табыса алмады.* ә) *Тату-тәтті тұра алмады, отаса алмады, айырылысып кетті.* **Дәм-тұзы қосылды.** *Көңілдері жарасты, үйленді.* **Дәм-тұзын ақтады.** *Ішкен асының қарымын қайтарды, ойлаған жерінен шықты, үмітін, сенімін ақтады.* **Дәм-тұзын аттады.** *Жақсылыққа жамандық істеді, қиянат жасады, үмітін ақтамады, жақсы қарым-қатынасты бұзды, тәрк етті, опасыздық жасады.* **Дәм-тұзын бітірді.** *Өлтірді, көзін жойды, мерт қылды.*

**ДӘМ-ТҰЗДАС** сын. *Аралас-құралас, бір дастарқаннан дәм татқан.*

**Дәм-тұздас болды.** *Араласты, бірге жүрді.*

**ДӘМТҰЗДЫҚ** зат. тамақ. *Өткір, хош иісті, дәмді етіп тұздалатын көкөністер.*

**ДӘМХАНА** зат. *Тез дайындалатын тағамдар сатылатын қоғамдық асхана.*

**ДӘМІКТІР=** ет. ***Қызықтыру.***

**ДӘМІЛ** үст. сөйл. ***Дамыл.***

**ДӘМІЛ-ДӘМІЛ** үст. сөйл. ***Дамыл-дамыл.***

**ДӘН**[1] зат. **1.** *Дәнді бұршақ дақылдарының тұқымы, ұрығы.* **2.** *Астық өндірісінің өнімі.* **3.** ауыс. *Негіз, түйін.*

**Дән алды.** а) *Астық дәндеді, дәні тола бастады.* ә) *Астық жинады.* **Дән байлады.** *Түйін салды.* **Дән дариясы.** бейн. *Мол өнім.* **Дәннің өнгіштігі.** бот. *Дәннің өніп, толыққанды өсімдікке айналу қабілеті.* **Дән салды.** *Өсімдіктің дәні толыға бастады.* **Дән татпады.** *Нәр сызбады, түк ішпеді.* **Дән толқыған дала.** поэт. *Жайқалған егін, астық.*

**ДӘН**[2]**: дән риза [разы].** *Шын жүректен, әбден риза.*

**ДӘН**[3]**: дән қойды.** жерг. *Алдады, мұзға отырғызды.*

**ДӘН**[4] зат. көне. сөйл. ***Тән.***

**ДӘНАСАР** зат. өс. *Ащы шөптің түрі.*

**ДӘНДАНАЙ** сын. көне. *Дел-сал, абдыраған.*

**Дәнданай болды.** жерг. *Дел-сал болды, не істерін білмеді.*

**ДӘНДӘКУ**[1] зат. көне. *Кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.*

**ДӘНДӘКУ**[2] зат. *Дарақы, есерсоқ адам.*

**ДӘНДӘН** сын. *Мықты, мұғал.*

**ДӘН-ДӘНЕК** зат. *Дәндер мен дәнектер.*

**ДӘНДЕ=** ет. **1.** *Дәнігу, құнығу, жаман үйрену.* **2.** *Үйреніп қалу.*

**ДӘНДЕН=** ет. *Дән алу, дәні толыға түсу.*

**ДӘНДЕНУ** *Дәнден етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘНДЕС=** ет. *Құнығу, жаман үйренісу.*

**ДӘНДЕТ=** ет. **1.** *Жаман үйрету.* **2.** саят. *Қыран құсты ауыздандыру, белгілі бір дәмге дағдыландыру.*

**ДӘНДҮРІС** сын. жерг. *Әумесер, жарымес, есер.*

**ДӘНДІ** сын. **1.** *Астық тұқымдасына жататын (дақыл).* **2.** *Дәні толық.*

**Дәнді бұршақ дақылдары.** егіншар. *Көбіне дән үшін өсірілетін бұршақтұқымдас өсімдіктер.* **Дәнді дақыл.** егіншар. *Арпа, бидай, сұлы, тары сияқты дәндері үшін арнайы өсірілетін азықтық өсімдік.* **Дәнді егіс.** *Дәнді дақылдар егілген егіс.*

**ДӘНДІК** сын. *Азықтық, жемдік.*

**ДӘНДІҚАРА** <лат. chenopodiun lees> зат. өс. *Көп дәнді алабота.*

**ДӘНЕК** зат. **1.** *Жемістің сүйегі немесе соның ішіндегі дәні.* **2.** <лат. caryopsis> *Астық тұқымдас өсімдіктердің бір тұқымды құрғақ жемісі.*

**ДӘНЕКЕР** зат. тех. **1.** *Металдан жасалған заттарды ұстатып біріктіретін қорытпа, металл.* **2.** *Екі затты қосып байланыстырушы зат.* **3.** ауыс. *Адамдар арасын тығыз байланыстыратын, жақындастыратын негіз, себеп.* **4.** ауыс. *Түрлі әрекеттерге ықпал етуші жағдайлар, себеп.* **5.** *Қорек, қорек бергіш.* **6.** *Байланыстырғыш, жалғастырғыш.* **7.** ауыс. *Дәлел, көмек, айғақ.*

**Дәнекер болды.** *Екі жақты селбестіріп, жалғастыруға септігін тигізді.* **Дәнекер дыбыс.** лингв. *Екі морфеманың арасын жалғастырып байланыстырушы дыбыс.* **Дәнекер сөз айтты.** *Татуластырды, бәтуаға келтірді, табыстырды.*

**ДӘНЕКЕРДЕЙ** сын. *Дәнекер сияқты, дәнекер тәрізді.*

**ДӘНЕКЕРЛЕ=** ет. кәс. **1.** *Қатты күйдегі материалдарды (болат, шойын, әйнек, графит, керамика т.б.) балқыған дәнекер арқылы ажырағысыз етіп біріктіру.* **2.** ауыс. *Біреу мен біреуді селбестіріп жақындастыру, арасын байланыстыру.*

**ДӘНЕКЕРЛЕГІШ** сын. *Дәнекер жасағыш (құрал). // Дәнекер жасайтын құрал.*

**ДӘНЕКЕРЛЕН=** ет. *Дәнекер арқылы біріктірілу, жалғастырылу.*

**ДӘНЕКЕРЛЕНУ** *Дәнекерле етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘНЕКЕРЛЕСТІР=** ет. *Байланыстыру, жақындастыру.*

**ДӘНЕКЕРЛЕТ=** ет. *Жалғату, байланыстыру.*

**ДӘНЕКЕРЛЕТУ** *Дәнекерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘНЕКЕРЛЕУ** *Дәнекерле етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘНЕКЕРЛЕУШІ** зат. *Дәнекер жасайтын адам.*

**ДӘНЕКЕРЛЕУІШ** зат. *Дәнекерлейтін аспап.*

**ДӘНЕКЕРЛІ** сын. *Бір-бірімен байланысты, сабақтас.*

**ДӘНЕКЕРЛІК** сын. **1.** *Дәнекер боларлық.* **2.** ауыс. *Байланысы бар, қатысы бар.* **3.** ауыс. *Селбестірушілік, байланыстырушылық.*

**Дәнекерлік шыны.** хим. *Дәнекерленетін материалмен химиялық және термиялық сәйкестігі бар шыны.*

**ДӘНЕКЕРСІЗ** сын. **1.** *Дәнекердің қатысынсыз, дәнекер қосылмай.* **2.** лингв. *Көмекші сөзсіз, аралық қосымшасыз, аралық дыбыссыз.* **3.** ауыс. *Байланысы жоқ, шашыраңқы.*

**ДӘНЕКЕРШІ** зат. **1.** *Дәнекер жасаушы, дәнекерлеуші.* **2.** *Селбестіруші, жалғастырушы, байланыстырушы.*

**ДӘНЕКСІЗ** сын. *Дәнегі жоқ.*

**ДӘНЕКТІ** сын. *Дәнегі бар.*

**ДӘНЕКҮС** сын. *Жарымес, делқұлы.*

**ДӘНЕКҮСТЕН=** ет. *Есерлену, ақымақтық жасау.*

**ДӘНЕКҮСТЕУ** сын. *Есерлеу, есерсоқтау.*

**ДӘНЕКҮСТІК** зат. **1.** *Жарыместік, делқұлылық.* **2.** ауыс. *Кем-кетіктік, жетімсіздік.*

**ДӘНЕМЕ** есімдік. *Ештеңе, ешнәрсе, түк.*

**Дәнеме жоқ.** а) *Бос, түк жоқ.* ә) *Ешнәрсе жоқ.* б) *Жөні жоқ, орынсыз.* в) *Болымсыздық мәнін үстейді.* **Дәнеме өнбеді.** *Ештеңе болмады, сол күйінде қалды, өзгермеді.* **Дәнеме тындырмады.** *Бос жүрді, түк бітірмеді, ісі өнбеді.*

**ДӘНЕМЕСІЗ** сын. *Еш нәрсесіз, ештемесіз.*

**ДӘНЕҢЕ** есім. сөйл. *Дәнеме.*

**Дәнеңе етпейді.** *Ештеңесі де жоқ, түк те қылмайды деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Дәнеңе жоқ.** *Ештеңесі жоқ, ойдағыдай.* **Дәнеңе таба алмады.** *Ештеңе таба алмады.*

**ДӘНЕҢЕСІЗ** сын. сөйл. *Дәнемесіз.*

**ДӘНҚҰРТ** зат. зоол. *Дәнді дақылдарды*

*бүлдіретін, зақым келтіретін құрт.*

**ДӘНСЕПКІШ** зат. *Дәнді топыраққа сеуіп сіңіретін ауылшаруашылығы машинесі.*

**ДӘНСТАН** зат. поэт. *Дән егілген алқап.*

**ДӘНСІ=** ет. жағымсыз. *Бөлдену, дандайсу, бөлсіну.*

**ДӘНСІЗ** сын. **1.** *Дәні жоқ, дәні толмаған.* **2.** ауыс. *Маңызсыз, мәнсіз.*

**ДӘНСІН=** ет. *Бөлдену, бөлсіну.*

**ДӘНТАЗАЛАҒЫШ: дәнтазалағыш машине.** *Дәнді дақылдардың дәнін тазалап, сұрыптайтын ауылшаруашылық машинесі.*

**ДӘНІК=** ет. **1.** *Бір әдетке үйреніп, дағдылану.* **2.** *Жаман әдетке үйір болу, құныгу.*

**ДӘНІКТІР=** ет. **1.** *Үйрету, баулу, дағдыландыру.* **2.** *Қызықтыру.*

**ДӘНІКТІРУ** *Дәніктір етістігінің қимыл атауы; баулу, дағдыландыру.*

**ДӘНГҮДІК** сын. жерг. *Әңгүдік, ақылсыз, есерсоқ.*

**ДӘҢГІЛ** сын. сөйл. *Бос кеуде, әупірімшіл.*

**Дәңгіл шайнап қалды.** көне. *Бос даурығып, босқа тыраштанып қалды.*

**ДӘҢГІРЕ=** ет. *Мәңгіру, есеңгіреу.*

**ДӘҢГІРЛЕ=** ет. сөйл. ***Даңғырла.***

**ДӘҢКЕУДЕ** зат. *Құркеуде, әумесер.*

**ДӘҢКІ** зат. көне. ***Күш.***

**ДӘП** үст. жерг. *Дәл, нақ.*

**ДӘПТЕР** [ар. دارو] зат. *Жазу жұмысына лайықталып жасалған, түптелген, бірнеше бет ақ қағаздан тұратын оқу-сызу құралы.*

**ДӘПТЕРШЕ** зат. *Шағын дәптер.*

**ДӘПІН: дәпін етті.** көне. *Құрметтеді, сыйлады.*

**Дәпін қылды.** *Сыйлады, тарту етті.*

**ДӘПІНЛАТ=** ет. көне. *Тағзым етті, табынды.*

**ДӘРГЕЙ** зат. *Құзыр, билік.*

**ДӘРГАҺ** зат. көне. ***Дәргей.***

**Дәргаһына бас ұрды [тәу етті].** *Құдіретіне табынды.*

**ДӘРГУМАНДА** үст. көне. *Қатты әсердің үстінде.*

**ДӘРЕЖЕ**[1] [ар. درجة] зат. **1.** *Мәртебе, бедел.* **2.** ресми. *Мемлекет тарапынан берілетін марапаттардың ресми жүйелілік реті, түрлі қызмет саласындағы лауазымды ғылыми атақтар деңгейі, шендік айырым.* **3.** *Әлеуметтік орны, мәртебесі.* **4.** ауыс. *Мақтаныш, абырой.* **5.** ауыс. *Деңгей, меже.* **6.** ауыс. *Мөлшер, шама, күй.* **7.** *Рет, саты.*

**Дәреже бітті.** *Қолына билік тиді, мансапқа жетті.* **Дәреже қуды.** *Атаққа ие болғысы келді, мансаптың соңына түсті.* **Дәреже санады.** *Құрмет көрді, мақтаныш етті.* **Дәрежесі асты.** *Озды, мерейі үстем болды.* **Дәрежесін асырды.** *Абыройын, мәртебесін көтерді, мадақтады.*

**ДӘРЕЖЕ**[2] зат. мат. *Өзара тең сандардың неше рет көбейтілгенін көрсететін мөлшер.*

**ДӘРЕЖЕДЕЙ** сын. *Дәреже сияқты, дәреже тәрізді.*

**ДӘРЕЖЕЛЕС** сын. *Дәрежесі бірдей, деңгейлес, қатарлас.*

**ДӘРЕЖЕЛЕУ** зат. мат. *Белгілі бір санды көбейткіш ретінде бірнеше рет (мыс, n рет) қайталайтын алгебралық амал.*

**ДӘРЕЖЕЛІ** сын. **1.** *Дәрежесі бар, дәрежеге ие.* **2.** *Атағы, білімі, қызметі жоғары.* **3.** *Марапат, сыйлықтың айырмашылық белгісі.*

**ДӘРЕМЕТ** зат. көне. *Шапағат, қайырым көмек, демеу.*

**ДӘРЕТ** [ар. طهارت] зат. **1.** *Ағзадан бөлініп шығатын керексіз зат, несеп, нәжістің жалпы атауы.* **2.** діни. *Намаз оқитын адамның шариғат заңына сәйкес жуынып-шайынуы, тазалануы.* **3.** *Дәрет алу.*

**Дәрет алу.** діни. *Ислам дініндегі үлкен маңыз берілетін ғұрыптық тазарыну, жуыну немесе басқалай тазару рәсімі.* **Дәретке отырды.** *Түзге отырды, табиғи қажетін өтеді.* **Дәретке шығарды.** *Өз бетімен дәрет сындыруға қауқары жоқ немесе мүмкіндігі жоқ адамның түзге шығып, дәрет сындыруына көмектесті.* **Дәретін көмген мысықтай.** *Жамандығын бүккен кісідей.* **Дәрет су.** *Дәрет алатын су.* **Дәрет сындырды.** *Дәретке отырды, түзге отырды.* **Дәреті бұзылды [сынды].** а) *Ұйықтап кету, есінен тану, түзге шығу т.б. салдарынан қайта дәрет алуға мәжбүр болды, тазалығы болмай қалды.* ә) *Дәретке отыру реті өзгерді, бұзылды.*

**ДӘРЕТСІЗ** сын. *Дәреті жоқ, дәрет алмаған.*

**ДӘРЕТТЕ=** ет. **1.** діни. *Ислам ғұрпына сәйкес мәйітті жуындырып, дәрет алдыру.* **2.** *Дәретке отыру.*

**ДӘРЕТТЕН=** ет. *Дәрет алып, жуынып, шайыну.*

**ДӘРЕТТЕНДІР=** ет. *Өздігінен дәрет алуға қауқары жоқ кісіге дәрет алғызу, жуындыру.*

**ДӘРЕТТЕУ** *Дәретте етістігінің қимыл атауы; ислам ғұрпына сәйкес арулап жуу, тазалау.*

**ДӘРЕТХАНА** [ар. طهارت خانه] зат. *Дәретке отыратын жер.*

**ДӘРИЯ** зат. сөйл. ***Дария.***

**ДӘРКӘР** сын. сөйл. ***Дәркер.***

**ДӘРКЕР** [ир. درکار] сын. көне. *Зәру, қажет.*

**ДӘРКҮМӘН** [ар. گمان] зат. *Шүбә, күдік, күмән.*

**Дәркүмәнін кетірді [шешті].** *Ешбір шүбә қалдырмады, күдігін сейілтті.*

**ДӘРКІЛДЕК** сын. ***Парықсыз.***

**ДӘРМАН** зат. сөйл. ***Дәрмен.***

**ДӘРМЕК** зат. *Дәрі, ем-дом.*

**ДӘРМЕН** [ир. درمان] зат. **1.** *Күш-қуат, шама.* **2.** ауыс. *Көмек, демеу.*

**Дәрмен болды.** *Күш-қуат, тірек болды.* **Дәрмен етті.** а) *Қуат көрді.* ә) *Көмектесті, жәрдемдесті.* **Дәрмені бітті.** *Күш-қуаты таусылып, әлсіреді.* **Дәрмені жетпеді.** *Әлі, күші келмеді.* **Дәрмені жоқ.** а). *Күш-қуаты жоқ, шамасы жоқ, мұршасы жоқ.* ә). *Шарасыз, амалсыз.* **Дәрмені кетті.** *Әлсіреді, күш-қуаты кетті.* **Дәрмені құрыды [бітті, болмады].** *Шаршады, қажыды, титықтады.* **Дәрменінен айырылды.** *Күш-қуатын жоғалтты.*

**ДӘРМЕНЕ** зат. бот. <лат. artemisia cina> *Күрделігүлділер тұқымдасының жусан туысына жататын көпжылдық бұташық өсімдік.*

**ДӘРМЕНЕШІ** зат. жерг. *Дәрмене, дәрі шөппен емдеуші, жинаушы.*

**ДӘРМЕНСІЗ** сын. **1.** *Күш-қуаты жоқ, әлсіз, қауқарсыз.* **2.** ауыс. *Шарасыз.*

**ДӘРМЕНСІЗДЕН=** ет. *Әлсіреу, күш-қуаты азаю.* **2.** *Шарасыздану.*

**ДӘРМЕНСІЗДІК** зат. *Әлсіздік, қауқарсыздық, шарасыздық.*

**ДӘРТЕ** зат. сөйл. ***Тәрте.***

**ДӘРУ** [ир. دارو] зат. **1.** *Ем, дару, шипа.* **2.** ауыс. *Жанға медет, жұбаныш.*

**Дәру тапты.** *Тыншыды, тынышталды, жай тапты.* **Дәру шөп.** *Емдік, дәрі шөп.*

**ДӘРУДЕЙ** сын. *Дәру сияқты, дәру тәрізді; ем, шипадай.*

**ДӘРУЖАЙ** зат. сөйл. *Емхана.*

**ДӘРУЛІ** сын. *Емді, шипалы.*

**ДӘРУЛІК** сын. *Емдік, шипалық.*

**ДӘРУШІ** зат. ***Емші.***

**ДӘРУІШ** [ир. درویش] зат. көне. **1.** *Сопылық ағымын қолдаушы, рухани жетілуді мақсат еткен, дүние қызығынан безген адам.* **2.** ауыс. *Ел кезіп өмір сүретін жарлы, қаңғыбас адам.*

**ДӘРУІШТЕЙ** сын. *Дәруіш сияқты, дәруіш тәрізді.*

**ДӘРІ** [ар. دارو] зат. **1.** мед. *Ауру адамды емдеу және аурудан сақтандыру үшін қолданылатын медициналық препарат.* **2.** әск. *Мылтық ату үшін керекті тез тұтанғыш, оталғыш зат, оқдәрі.* **3.** *Химиялық элемент, қоспа.* **4.** мед. *Дәрі май, жағатын май.* **5.** егін. *Егістік жерді зиянды жәндіктерден, шөптерден қорғайтын, тазартатын ұнтақ дәрі.* **6.** ауыс. *Жанға дәру, ем, шипа.* **7.** ауыс. *Зәру, дәркер.*

**Дәрі арша.** бот. <лат. juniperus sibirica> *Кипарис тұқымдасының ішіндегі арша туысына жататын мәңгі жасыл қылқан жапырақты бұта.* **Дәрі болды.** *Емге шипа болды, керек болды.* **Дәрі жақты.** *Дәріледі, дәрімен емдеді.* **Дәрі қонбады.** *Шипа болмады, ем болмады, сауықпады.* **Дәрі түйежоңышқа.** өс. *Сары түсті, ұсақ гүлдері бар түйежоңышқаның бір түрі.*

**ДӘРІГЕР** [ар. داروگر] зат. *Медициналық жоғары білімі бар маман.*

**Дәрігерге көрінді.** *Дәрігерге қаралды, тексерілді, емделді.* **Дәрігер этикасы.** *Медицина қызметкерінің науқас адамды емдеуде кәсіби парызын жоғары дәрежеде өтеуі; дәрігерлердің адамгершілігі, сыпайылығы, науқас адамдармен мәдени қарым-қатынасы.*

**ДӘРІГЕРДЕЙ** сын. *Дәрігер сияқты, дәрігер тәрізді.*

**ДӘРІГЕРЛІК** сын. *Дәрігерге тән, дәрігерге қатысты, медициналық.*

**Дәрігерлік аспап.** *Медициналық құрал-жабдықтар.* **Дәрігерлік жәрдем.** *Дәрігер тарапынан науқасқа көрсетілетін көмек.* **Дәрігерлік институт.** *Дәрігер мамандарды дайындайтын жоғары оқу орны.* **Дәрігерлік комиссия.** *Адам денсаулығының жалпы қалып-күйін тексеретін комиссия.* **Дәрігерлік косметология.** мед. *Терінің түрлі ақауларын болдырмау және жою әдістерін, сондай-ақ, шаш, ауыз іші (тісті күту), маникюр, педикюр күтіміне байланысты гигиеналық емдік шараларды қарастыратын косметология саласы.* **Дәрігерлік сараптама**. *Дәрігерлер тарапынан жасалатын сараптама, медициналық анықтама.* **Дәрігерлік тексеру.** *Маман дәрігерлердің адам денсаулығының жалпы қалып-күйін анықтауы.*

**ДӘРІГЕРСІЗ** сын. *Дәрігердің көмегінсіз.*

**ДӘРІГЕРХАНА** зат. сөйл. ***Аурухана.***

**ДӘРІ-ДӘРМЕК** зат. *Дәрі және емдеуге қажетті медициналық препараттардың жалпы атауы.*

**ДӘРІ-ДӘРМЕКТІК** сын. *Дәрі-дәрмек жасайтын, дәрі-дәрмекке тән.*

**ДӘРІДЕЙ** сын. **1.** *Дәрі сияқты, дәрі тәрізді.* **2.** *Оқдәрідей.* **3.** ауыс. *Таптырмайтындай, өте қажет, зәру, шипадай.*

**ДӘРІҚОБДИША** зат. *Өте керекті дәрілер мен ауруға алғашқы жәрдем көрсететін заттар салынған қобдиша.*

**ДӘРІЛЕ=** ет. **1.** *Залалсыздандыру, хлор қосу.* **2.** *Дәрі беру, дәрі пайдалану.* **3.** *Мылтыққа от алдыру үшін дәрі салу.* **4.** *Жарылыс жасау үшін қопарғыш зат салу.*

**ДӘРІЛЕН=** ет. *Дәрі себілу арқылы залалсыздану.*

**ДӘРІЛЕТ=** ет. *Дәрі септіру арқылы залалсыздандыру.*

**ДӘРІЛЕУ** *Дәріле етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘРІЛІ** сын. *Дәрі қосылған, дәрісі бар.*

**ДӘРІЛІК** сын. *Емдік, шипалық.*

**Дәрілік жалбызтікен.** өс. <лат. althaea officinalis> *Биіктігі 60-200 см, дәрілік мақсатта қолданылатын өсімдік.* **Дәрілік жөтелшай.**

ө с. *Биіктігі 50-100 см-дей, шашақ тамырлы, тік өсетін төрт қырлы сабағы бар дәрілік өсімдік.* **Дәрілік көгілдір.** ө с. *Биіктігі 30 см дейін жететін бір жылдық бұтақты өсімдік.* **Дәрілік өсімдіктер.** б и о л. *Медицинада және ветеринарияда емдеу мақсатында пайдаланылатын өсімдіктер тобы.* **Дәрілік сарыбас құрай.** ө с. <лат. sisymbrium officinale> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктің жиі кездесетін түрі.* **Дәрілік химия.** *Дәрілік заттарды (табиғи және синтетикалық) алу әдістерін, олардың физикалық және химиялық қасиеттерін зерттейтін ғылым.*

**ДӘРІП** з а т. *Атақ, даңқ.*

**Дәрпін жайды.** *Атағын шығарды.* **Дәріп қылды.** *Мадақтады, мақтады, дәріптеді.* **Дәріп қылысты.** *Мадақ сөз айтысты, мақтады.*

**ДӘРІПСІЗ** с ы н. ж е р г. *Өнегесіз, көргенсіз.*

**ДӘРІПТЕ=** е т. **1.** *Үлгі-өнеге тұту.* **2.** *Көтермелеу.* **3.** *Мақтау, мадақтау.*

**ДӘРІПТЕГІШ** с ы н. *Мадақтағыш, көтермелегіш, үлгі еткіш.*

**ДӘРІПТЕЛ=** е т. **1.** *Мақталу, мадақталу.* **2.** *Айшықтап көрсетілу, атап көрсетілу.*

**ДӘРІПТЕЛУ** е т. *Дәріптел етістігінің қимыл атауы; мадақталу.*

**ДӘРІПТЕС=** е т. *Мақтасу, мадақтасу.*

**ДӘРІПТЕСУ** е т. *Дәріптес етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘРІПТЕТ=** е т. *Мақтату, мадақтату.*

**ДӘРІПТЕТУ** е т. *Дәріптет етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘРІПТЕУ** е т. *Дәріпте етістігінің қимыл атауы; мақтау, мадақтау.*

**ДӘРІПТЕУШІ** з а т. *Мадақтаушы, көтермелеуші.*

**ДӘРІПТЕУШІЛІК** з а т. *Мадақтаушылық.*

**ДӘРІПТІ** с ы н. *Атақты, даңқты.*

**ДӘРІС** [ар. درس] з а т. к ө н е. *Жоғары және арнаулы оқу орындарындағы оқытушының тақырыпты түсіндіруі, лекция, сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі.*

**Дәріс алды.** а) *Сабақ оқыды, хат таныды.* ә) *Үйренді, білім алды.* **Дәріс берді [оқыды].** *Сабақ берді, оқытты.* **Дәріс тыңдады.** *Сабақ алды, оқыды, үйренді.*

**ДӘРІСТЕЙ** с ы н. *Дәріс сияқты, дәріс тәрізді.*

**ДӘРІСТЕМЕ** з а т. п е д. *Сыныптан және мектептен тыс мәдени-ағарту жұмысы.*

**ДӘРІСТЕН=** е т. *Үйрену, сабақ алу.*

**ДӘРІСТІК** с ы н. *Дәріске қатысты, дәріске тән.*

**Дәрістік әдіс.** п е д. *Сабақта айтылмақ ойды тезис-жоспар бойынша күні бұрын жобалап, жоспарлап алып, сол бойынша мұғалімнің баяндау монологі.*

**ДӘРІСІЗ** с ы н. *Дәрі қосылмаған.*

**ДӘРІХАНА** [ир. داروخانه] з а т. *Халыққа дәрі-дәрмекпен, санитарлық-гигиеналық заттармен, таңғыш материалдармен, зарарсыздандырғыш заттармен т.б. сауда жасайтын денсаулық сақтау мекемесі.*

**ДӘРІХАНАШЫ** з а т. *Дәріхана қызметкері.*

**ДӘС: дәс әуелде.** ж е р г. *Ең алдымен, ең алғашында.*

**Дәс әуелі.** ж е р г. *Ең алдымен.* **Дәс келмеді.** *Қарсы келмеді.* **Дәс қойды.** с ө й л. *Дес қойды.* **Дәс орамал.** *Бет сүртуге арналған орамал.*

**ДӘСЕР** з а т. ж е р г. *Үлкен, көлемді.*

**ДӘСЕРДЕЙ** с ы н. ж е р г. *Әлдеқандай, өзінше.*

**ДӘСЕРЛЕ=** е т. *Күшею, масаттану, маңғаздану.*

**ДӘСЕРЛЕН=** е т. *Әлдеқандай болу, маңғаздану, масаттану.*

**ДӘСЕРЛЕТ=** е т. *Екпіндету, делебені қоздыру.*

**ДӘСЕРСУ** *Дәсерсі етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘСЕРСІ=** е т. э к с п р. *Дандайсу, асқақтау.*

**ДӘСЕРСІТ=** е т. *Дандайсыту, асқақтату.*

**ДӘСПІ** з а т. с ө й л. ***Тәсбиық.***

**ДӘСПІЛІ** с ы н. *Дәспі ұстаған, дәспісі бар.*

**ДӘСТА** з а т. к ө н е. *Бағыт, беталыс.*

**ДӘСТАЛАС** с ы н. *Бақталас, күндес.*

**ДӘСТЕ** ү с т. ж е р г. *Демде, тез.*

**ДӘСТЕРДЕЙ** с ы н. с ө й л. *Дәсердей.*

**ДӘСТЕРЛЕ=** е т. *Мадақтау, көтермелеу.*

**ДӘСТЕРЛЕУ** *Дәстерле етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘСТҮР** [ар. دستور] з а т. **1.** э т н. *Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, әлеуметтік ортада сақталған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы, әдетке сіңген салт-ғұрып, рухани мирас.* **2.** *Салт, дағды.*

**Дәстүрге айналдырды.** *Дағдыға айналдырды, ереже-тәртіп қалыптастырды.* **Дәстүрді бұзды.** *Қалыптасқан әдет-ғұрыптарға қарсы келді, сақтамады.* **Дәстүрді сақтады.** *Қалыптасқан әдет-ғұрыптарды бұзбады, ұстанды.* **Дәстүрді сыйлады.** *Қалыптасқан әдет-ғұрыптарды, салтты құрметтеді.* **Дәстүрін ұстанды.** э т н. *Қалыптасқан тәртіпті сақтады.*

**ДӘСТҮРГҮЛ** з а т. ө с. *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ДӘСТҮРЛЕН=** е т. *Дәстүрді игеру, сақтау, қалыптастыру.*

**ДӘСТҮРЛЕС** с ы н. *Ұқсас, сарындас.*

**ДӘСТҮРЛІ** с ы н. **1.** *Салтқа енген, әдетке айналған, ұлт мәдениетіне тән.* **2.** *Қалыптасқан, дағдылы.*

**Дәстүрлі [классикалық] ислам [ислам діні].** д і н и. *Құран Кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерін тұңғағида етіп алатын мұсылман дінінің негізі.* **Дәстүрлі қоғам.** қ о ғ. - ә л е у м. *Саяси, әлеуметтік және мәдени дамуы дәстүрлі құндылықтарға, салт-санаға, ата-баба мұраларына негізделетіндігімен ерекшеленетін әлеуметтік орта.* **Дәстүрлі құқықтық [қазақы] мәдениет.** қ о ғ. - ә л е у м. *Ежелгі дүниетанымдық қағидалар мен түсініктер негізінде қалыптасқан әдет-ғұрып жосындарының жетілген жүйесі.* **Дәстүрлі мәдениет.** т е р м. *Әлеуметтік не этникалық ортада дәстүр негізінде қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар жүйесі.*

**ДӘСТҮРЛІК** с ы н. *Дәстүрге тән, ұлттық дәстүрге қатысты, қалыптасқан.*

**ДӘСТҮР-САЛТ** з а т. э т н. ***Салт-дәстүр.***

**ДӘСТҮРШІЛ** с ы н. *Дәстүр сақтағыш.*

**ДӘСТҮРШІЛДІК** з а т. *Ежелден қалыптасқан дәстүрді ұстанушылық.*

**ДӘСІ=** е т. *Көкірегін көтеру, әлдеқандай болу.*

**ДӘСІР** с ы н. ж е р г. *Дөкір, ірі.*

**ДӘСІРЕЙТ=** е т. ж е р г. *Көтермелеу.*

**ДӘТ**[1] з а т. *Шыдам, төзім, сабыр.*

**Дәтке қуат [қылды].** *Көңілге демеу, сүйеніш, медеу.* **Дәт қылды.** *Кідірді, тыныстады.* **Дәт қылмады [қылған жоқ].** *Шыдамады, сабыры жетпеді.* **Дәт түтты.** *Шыдады, төзді.* **Дәті барды.** *Шамасы жетті, батылы жетті.* **Дәті бармады [жетпеді].** *Батылы жетпеді, жүрексінді.* **Дәті берік [мықты].** *Шыдамды, сабырлы, төзімді.* **Дәті жетпеді.** *Шыдамады, төзіп тұра алмады, көңілі дауаламады.* **Дәті жетті.** *Қолы барды, батылы барды.* **Дәті кетті.** *Төзімі таусылды, шыдамы бітті.* **Дәті тастай берік.** *Айтқанынан қайтпайтын, райынан қайтпайтын.* **Дәті шыдамады [шыдар емес].** *Төзбеді, шыдай алмады, ар-ождана, адамшылығы жібермеді.*

**ДӘТ**[2] з а т. с ө й л. ***Дат.***

**Дәт айтты.** с ө й л. ***Дат айтты.*** **Дәт еткізді.** *Опық жегізді, санын соққызды.*

**ДӘТНАМА** [ир. دادنامه] з а т. к ө н е. *Түсініктеме, арыз-шағым, өтініш.*

**ДӘТСІЗ** с ы н. *Ынтасыз, көңілсіз.*

**ДӘТТЕ=** е т. **1.** с ө й л. ***Датта.*** **2.** а у ы с. *Тәптіштеу, жеріне жеткізу, дәлелдеу.*

**ДӘТТЕМЕ** з а т. к ө н е. ***Дәтнама.***

**ДӘТТЕТ=** е т. *Түсіндіру, дәлелдеу.*

**ДӘТТЕУ** е т. *Дәтте етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘТШІ** з а т. к ө н е. *Арызшы, шағымшы.*

**ДӘТШІЛ** с ы н. к ө н е. *Арызшыл.*

**ДӘУ** с ы н. **1.** *Үлкен, зор.* **2.** м и ф. *Ертегі, аңыз-әңгімелерде кездесетін орасан зор күш иесінің мифтік бейнесі.* // п о э т. *Зор күш иесі.* // а у ы с. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Дәрежесі жоғары адам.*

**Дәу де болса.** *Сірә, тегі, мен білсем, жаңылмасам.* **Дәу қара.** *Зор денелі қара кісі.*

**ДӘУГЕР** з а т. с ө й л. ***Даугер.***

**ДӘУ-ДӘУ** с ы н. ж е р г. *Үлкен-үлкен.*

**ДӘУДЕЙ** с ы н. **1.** *Дәу сияқты, дәу тәрізді.* **2.** а у ы с. *Мықты, зор.*

**ДӘУДІРЕ=** е т. ж е р г. *Даңғырлап сөйлеу, даусын көтеріп сөйлеу.*

**ДӘУДІРЛЕ=** е т. с ө й л. **1**. *Дабырлау.* **2.** а у ы с. *Масаю, қызып қалу.*

**ДӘУДІРЛЕС=** е т. *Шуласу, таласу.*

**ДӘУЕМ** ү с т. к ө н е. *Үнемі, ылғи.*

**ДӘУКЕС** с ы н. с ө й л. ***Даукес.*** // *Дәукес адам.*

**ДӘУКЕСТІК** з а т. с ө й л. *Даукестік.*

**ДӘУҚАРШЫҒА** з а т. з о о л. *Қаршығалар тұқымдасына жататын бүркітке жақын құстардың бірі.*

**ДӘУЛЕСКЕР** с ы н. **1.** *Белгілі бір істі игерген, машықтанған, майталман, шебер.* **2.** *Күшті, дауылды, екпінді (дауыл, боран т.б.).*

**ДӘУЛЕТ** [ар. دولة] з а т. **1.** *Қоғамның не жеке адамның материалдық игіліктерінің жиынтығы, байлық.* **2.** а у ы с. *Бақ, ырыс.*

**Дәулетке батты [кенелді, жетті].** *Байыды, дүние-мүлкі молықты, тұрмысы көтерілді.* **Дәулетке жарымады.** *Байлық тұрақтамады, байымады.* **Дәулетке жетті.** *Байыды, тұрмысы көтерілді.* **Дәулетке мас болды.** *Байлыққа масаттанды, кекірейді, көкірек көтерді.* **Дәулет бітпес келбетке.** *Байлық, дәулет өз-өзінен, әрекеттенбей келмейді деген мағынада.* **Дәулет бітті [қонды].** *Байыды.* **Дәулет құсы.** *Байлық, бақыт.* **Дәулеті асқан.** *Байлығы басқадың асып түсетін.* **Дәулеті бейне шалқар көл.** п о э т. *Дәулеті асып-тасыған.* **Дәулеті жүрді.** *Байлығына байлық қосылды, байыды.* **Дәулеті молықты.** *Байыды, байлығы асып-тасыды.* **Дәулеті қашты.** *Кедейленді, байлығы кетті.* **Дәулеті судай тасыды.** *Байлығы артты, молайды, көбейді.* **Дәулеті шағын.** *Тұрмысы орташа, байлығы, дүниесі шектеулі.* **Дәулеті шайқалды.** *Бағы қайтты, байлығынан айырылды, тұрмысы нашарлады.* **Дәулеті шалқыды.** *Дәулеті асып-тасыды, байыды.* **Дәулетті басқа тепті.** *Басына қонған бақты бағаламады.* **Дәулетіне сәулеті сай.** *Байлығына тұрмысы сай, жан-жағының бәрі келіскен.*

**ДӘУЛЕТСІЗ** с ы н. *Дәулеті жоқ; кедей, жарлы.*

**ДӘУЛЕТСІЗДІК** з а т. *Кедейлік, жарлылық.*

**ДӘУЛЕТТЕЙ** с ы н. *Дәулет секілді, байлықтай.*

**ДӘУЛЕТТЕН=** е т. *Баю, тұрмысы жақсару.*

**ДӘУЛЕТТЕНУ** *Дәулеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘУЛЕТТІ** с ы н. *Дәулеті мол, бай, ауқатты.*

**ДӘУЛЕТТІЛЕУ** с ы н. *Ауқаттылау.*

**ДӘУЛЕТТІК** с ы н. *Байлығы бойынша жік-*

*теуге қатысты.*

**ДӘУЛЕТТІЛІК** зат. *Ауқаттылық, байлық.*

**ДӘУЛЕТХАНА** [ар. دولت خانه] зат. *Шах сарайы.*

**ДӘУМЕТ** зат. сөйл. ***Тауқымет.***

**ДӘУ-ПЕРІ** зат. **1.** миф. *Ертегілерде, қиссаларда кездесетін кейіпкер, мифологиялық бейне, қас құш.* **2.** ауыс. *Күшті, мықты, ерен күш иесі.*

**ДӘУПІЛ** сын. сөйл. *Дәу тұлғалы.*

**ДӘУПІРІМ** сын. сөйл. *Әупірім, үр да жық.*

**ДӘУРЕН** [ар. دوران] зат. **1.** *Өмір, заман.* **2.** экспр. *Қызықты, бақытты шақ.* **3.** ауыс. *Жастық шақ, уақыт.*

**Дәурен кешті.** *Кезінде шалқып, тасып, өмірдің қызығын көрді, рахат тұрмыс құрды.* **Дәурен [бастан дәурен] өтті.** *Дүниенің қызығы кетті, басынан жақсы күні тайды, өтті.* **Дәурен сүргізді.** *Мәпеледі, бағып-қақты, ерекше күтті.* **Дәурен сүрді.** а) *Өмір кешті, тіршілік етті.* ә) *Үстемдік етті, биледі.* б) *Қызық көрді.* **Дәурен шекті.** *Өмір сүрді, тіршілік етті.* **Дәурені жетті.** *Кезі келді, заманы туды.* **Дәурені [бастан] көшті.** *Заманы өтті, бақыты бастан тайды.* **Дәурені тайған кез.** *Заманы өтіп, бағы тайған кез.*

**ДӘУРЕНДЕ=** ет. *Дегені болып, сауық-сайран салып, өмір кешу, дәуірлеу.*

**ДӘУСІ=** ет. экспр. *Өзін күштімін деп санау, мықтымсу.*

**ДӘУСІН=** ет. экспр. ***Күштісіну.***

**ДӘУСІНУ** *Дәусін етістігінің қимыл атауы.*

**ДӘУІР**[1] [ар. دور] зат. **1.** *Тарихи кезең, заман.* **2.** *Мөлшерлі уақыт, белгілі мерзім.* **3.** геол. *Халықаралық дәрежеде келісілген бірегей жер жылнамалық шкаласының иерархиялық бағыныштылық тұрғысынан төртінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі.* **4.** астр. *Белгілі бір оқиға не үдерістің басталуы есептеле бастайтын уақыт сәті.* **5.** ауыс. *Дегені болып, билігі жүріп тұрған кез.*

**Дәуір тынысы.** поэт. *Заман талабы.* **Дәуірі жүрді.** *Билік қолында болды, айтқанын істетті, заманы келді.*

**ДӘУІР**[2] [ар. دور] зат. діни. *Жаназа шығарар алдында орындалатын діни салт, өлікке арнап үлестірілетін підия садақа.*

**Дәуір айналдыру [жүргізу].** діни. *Ертеде қайтыс болған адамның жаназасы кезінде өлген адамның күнәсін жеңілдету немесе күнәсінен арылту үшін жасалатын діни рәсім.* **Дәуір көтерді.** діни. *Қайтыс болған кісінің күнәсінен арылту үшін Құран оқыды.* **Дәуір ұстау.** діни. *Өліктің бар күнәсін «дәуір ұстаған» молда өз мойнына алады да, өлік күнәдан пәк болып шығады-мыс деген нанымнан шыққан діни салт.* **Дәуір шақыртты.** *Күнәсінен арылту үшін Құран оқытты.* **Дәуіріне салды.** діни. *Өлгенде таратып беретін киімді ақыретіне салды.*

**ДӘУІРЕК** сын. *Үлкенірек.*

**ДӘУІРЛЕ=** ет. **1.** *Қызық дәурен сүру, өмірдің қызығынан рақаттану.* **2.** ауыс. *Күшею, көтерілу, аспандау, асқақтау.* **3.** *Беделі арту, даңқы шығу.* **4.** ауыс. *Өркендеп өсу, даму.* **5.** ауыс. *Күшейе түсу, зораю.* **6.** ауыс. *Дегені болып, үстемдігі жүру.*

**ДӘУІРЛЕН=** ет. *Белгілі бір дәуірге теліну.*

**ДӘУІРЛЕНУ** *Дәуірлен етістігінің қимыл атауы, күшею.*

**ДӘУІРЛЕС** сын. *Бір дәуірде өмір сүрген.*

**ДӘУІРЛЕТ =** ет. *Көкке көтерту, делебесін қоздырту.*

**ДӘУІРЛЕУ** *Дәуірле етістігінің қимыл атауы; өркендеп өсу, даму.*

**ДӘУІРЛІ** сын. *Күшті, екпінді.*

**ДӘУІРЛІК** сын. *Дәуірге тән, дәуірге қатысты.*

**ДӘУІТ**[1] зат. зоол. <лат. manthoptera, mantodea> *Ұзындығы 11 см-дей, басы қозғалмалы, түсі маусымға байланысты жасыл, сары, қоңыр болып өзгеріп отыратын, алдыңғы екі аяғы ұзын, шегірткe тектес жәндік.*

**Дәуіт бас**. поэт. *Кішкене бас.* **Дәуіттің қоржыны.** зат. діни. *Діни түсінік бойынша Дәуіт пайғамбар ұстаған, ішіндегі тағамы қанша жесе де таусылмайтын қасиетті ыдыс [Мифтік таным бойынша, Сүлеймен пайғамбардың жүзігі, Мұса пайғамбардың асасы да кереметке ие болған заттар болып саналады. Халық ерекше қасиеті бар бір затқа таңданғанда «Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай» деген теңеу сөзбен айтатыны осы мифологиялық түсінікпен байланысты].* **Дәуіт ұста [пайғамбар].** діни. *Дәстүрлі орта түсінігі бойынша ұста, зергерлердің дем берушісі, темір ұстаның пірі, жебеуші рух-ие [Байырғы қазақ ортасында металл өңдеу, оның ішінде алтын, күміс өндірудің негізі, сондай-ақ тері өңдеу, ағаш ұқсату сияқты т.б. түрлерінің дамуы Дәуіт ұста кезінен бастау алды деп саналады].*

**ДӘУІТ**[2] зат. жерг. *Сия сауыт.*

**ДӘУІТТЕЙ** сын. *Дәуіт сияқты, дәуіт тәрізді.*

**ДӘФІН:** [ар. دفن] *дәфін етті.* діни. *Арулады, шариғат заңына сәйкес жуындырды.*

**ДӘФІНДЕТ=** ет. діни. *Арулау, тазалау.*

**ДӘШ** есімдік. көне. *Күллі, барлық, бүкіл.*

**ДВОРЯН** зат. тар. *Феодалдық қоғамдағы артықша құқықтары бар үстем тап өкілі.*

**ДЕ**[1] шыл. *Сөз бен сөзді байланыстырушы шылау.*

**ДЕ**[2] *Бөлектену, ажырау, күшін жою, құлдырау мәнін білдіретін сөздің алдында жалғанатын қосымша.*

**ДЕ=** ет. **1.** *Сөйлеу, айту.* **2.** *Аталу.* **3.** *Солай ойлау, санау, есептеу мағыналарына көмекші қызмет атқарады.* **4.** *Өтіну, тілеу, сұрау мағыналарына көмекші қызмет атқарады.* **5.** *Болжал, жорамал мағынасын білдіреді.* **6.** *Сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасында қайталанып айтылып, күшейтпелі мән білдіреді.*

**Дегеніне бақыл еткізді [келтірді].** *Айтқанына көндірді, дегенін істетті, көңілдегісін орнатты.* **Дегеніне келтірді.** *Айтқанына келтіріп істетті, көңілдегісін орындатты.* **Дегеніңе жет.** алғыс. *Арман-тілегің орындалсын, мақсатыңа жет.* **Дегеніне көнді [жетті].** *Айтқанына бойсұнды, лажсыз көнді, келісті.* **Деген қара қасқа жарлы.** *Есігінің алдында малы жоқ, нағыз кедей.* **Деген қожа.** *Ешкімге білдірмей жұмысын бітіретін кісі.* **Деген қожа білместің өзі.** *Ешкімге білдірмей жұмысын бітіретін кісі туралы.* **Дегені болды.** *Айтқаны болды, ойлағаны орындалды, көңілдегісі болды.* **Дегені ем болды.** *«Түһ» деген түкірігі дәрі болды, айтқаны дауа болды; аузынан шыққан сөзі орындалды.* **Дегенін [өз дегенін] істеді.** *Айтқанын орындады.* **Дегенін істетті.** *Ойындағысын орындатты, айтқанын істетті.* **Дегенінен шыға алмады [шықпады].** *Ырқынан сырт кетпеді, көнді.* **Десе дегендей.** *Мақтарлықтай, айтса айтқандай.*

**ДЕБАЙ** зат. физ. *Молекулалардың электрлік диполь сәтінің жүйеден тыс бірлігі.*

**ДЕБЕНТУРА** зат. экон. *Баждың қайтарылғаны туралы кеден куәлігі.*

**ДЕБДІРЕ=** ет. сөйл. *Асып-сасу, дегбірі қашу.*

**ДЕБДІРЕС=** ет. *Абдырасу, асып-сасу.*

**ДЕБЕТ** [лат. debet] зат. экон. *Бухгалтерлік есепшоттардың сол жақ бөлігі.*

**Дебет сальдосы.** экон. *Белгілі бір кезеңдегі төлем мен қаражат түсімдері арасалмағының өзгерісін көрсететін сальдо.*

**ДЕБЕТ-НОТА** [лат.debet – берешек, nota – белгі] зат. экон. *Төлемақы талабы бойынша артық алған соманы жеткізушінің шотынан даусыз шығарту туралы төлемшінің өзіне қызмет көрсететін банк мекемесіне өкімі.*

**ДЕБЕТТІК** сын. экон. *Дебетке тән, дебетке қатысты.*

**Дебеттік карточка.** экон. *Сатып алушының ағымдағы шотынан немесе жинақ шотынан белгілі бір саладағы ақшаны сатушының шотына дереу аударуға мүмкіндік беретін карточка.* **Дебеттік меморандум.** экон. *Белгілі бір сатып алушыға сай келетін шоттың ашуға дебеттенгенін (көбейтілгенін) оны сатып алушыға хабарлау үшін сатушы пайдаланатын құжат.*

**ДЕБИТ** [франц. debit] зат. геол. *Табиғи немесе жасанды көздерден (бұрғылау ұңғымасынан, құбырдан, құдықтан т.б.) белгілі бір уақыт өлшемі ішінде түсетін сұйық заттардың (мұнайдың, судың т.б.) мөлшері.*

**ДЕБИТОР** [лат. debitor] зат. экон. *Кәсіпорынға берешегі бар жеке немесе заңды тұлға.*

**ДЕБИТОРЛЫҚ** сын. экон. *Дебиторға тән, дебиторға қатысты.*

**Дебиторлық берешек.** экон. *Жеке немесе заңды тұлғалармен арада жасалған шаруашылық қатынастары бойынша олардан кәсіпорынға (ұйымға, мекемеге) тиесілі борыштар.*

**ДЕБІСКЕ** зат. қолөнер. *Киіздің бетіне әр түсті матаны оюлап бастырып, оюларының шетіне жіңішке жиек жүргізілген көлемі кішкене сырмақ.*

**ДЕБЮТ** [франц. debut] зат. **1.** театр. *Әртістің сахнаға тұңғыш рет шығуы.*

**ДЕБЮТАНТ** [франц. debutant] зат. *Сахнада алғаш рет өнер көрсетуші.*

**ДЕВАЛЬВАЦИЯ** [нем. Devalvation] зат. экон. **1.** *Ақшаның құнсыздануы.* **2.** лингв. *Сөзді өз мағынасында дұрыс қолданбау, орынсыз қолдану.*

**ДЕВАСТАЦИЯ** зат. мед. *Адам мен малдың, өсімдіктердің індет және инвазиялық ауруларының қоздырғыштарын жоюға бағытталған сақтық шараларының жиынтығы.*

**ДЕВИАЦИЯ** [лат. deviatio] зат. пед. *Мінез-құлықтағы нормадан ауытқу процесі.*

**ДЕВИЗ** [франц. devise] зат. экон. *Халықаралық есеп айырысуда пайдаланылатын шетел валютасы түріндегі төлем қаражаты.*

**ДЕВОН: девон жүйесі.** геол. *Палеозой эрасының төменнен санағанда төртінші жүйесі және Жердің геологиялық тарихындағы палеозой эрасы жүйесіне сәйкес төртінші кезеңі.*

**ДЕГБІР** зат. *Төзім, тағат.*

**Дегбірін алды.** *Әбігерлендірді, асықтырды, берекесін алды.* **Дегбір қалмады.** *Шыдамы таусылды, төзімі бітті.* **Дегбір тапқызбады [тапқызар емес].** *Шыдатпады, тыныштық бермеді.* **Дегбір таппады.** *Тыным таппады, жаны қалмады, тыншымады.* **Дегбір тоқтатты.** *Тыныштaлды, өзіне-өзі келді.* **Дегбір түсірді.** *Әбігерлендірді, берекені алды.* **Дегбірі жоқ.** *Маза жоқ, қорқыныш билеген, үрейлі.* **Дегбірі кетті.** *Мазасы кетті, берекесі кетті, алаңдады.* **Дегбірі қалмады.** *Шыдамсызданды, асып-састы; қорықты.* **Дегбірі қашты.** *Тағатсызданды, шыдамы, төзімі кете бастады.* **Дегбірінен адасты [жаңылды].** *Асып-састы, мазасызданды, әбігерленді.* **Дегбірі таусылды.** *Шыдамы бітті.* **Дегбірі ұшты.** *Асып-састы, абыржыды, мазасызданды.*

**ДЕГБІРЕ=** ет. *Дегбірі қашу, асып-сасу.*

**ДЕГБІРЕУ** *Дегбіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕГБІРЛЕ=** ет. *Жанын қоймау, мазалау,*

*тыныштық бермеу.*

**ДЕГБІРЛЕН=** ет. *Берекесіздену, мазасыздану.*

**ДЕГБІРСІЗ** сын. *Шыдамсыз, мазасыз, тағатсыз.*

**ДЕГБІРСІЗДЕН=** ет. *Сабырсыздану, тағатсыздану, шыдамсыздану, мазасыздану.*

**ДЕГБІРСІЗДЕНДІР=** ет. *Алаңдаттыру, мазасыздандыру.*

**ДЕГБІРСІЗДЕНУ** *Дегбірсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕГБІРСІЗДІК** зат. **1.** *Тағатсыздық, сабырсыздық, мазасыздық.* **2.** псих. *Өз-өзінен мазасызданған, белгісіздіктен күмәнданған, тағат тауып отыра алмаған психологиялық қалып-күй.*

**Дегбірсіздік жасау.** *Шыдамсыздық көрсету, мазасыздану.*

**ДЕГДАР[1]** сын. **1.** *Асыл тұқымды жан-жануар, құс т.б. қатысты.* **2.** ауыс. *Текті (адамға қатысты). // Елге сыйлы, асыл жандар.*

**ДЕГДАР[2]** сын. *Бейжай, делдал.*

**ДЕГДАРЛЫ** сын. *Текті, затты.*

**ДЕГДАРЛЫҚ** зат. *Тектілік, заттылық.*

**ДЕГДАРСЫ=** ет. экспр. *Кісімсу.*

**ДЕГДЕР** зат. көне. ***Дегдар.***

**ДЕГДУ** *Дегді етістігінің қимыл атауы; құрғау, кебу.*

**ДЕГДІ=** ет. *Құрғау, кебу, сорғу.*

**ДЕГДІҢКІРЕ=** ет. *Құрғаңқырау, кебіңкіреу.*

**ДЕГДІСІНДЕУ** сын. жерг. *Құрғақтау, кебулеу.*

**ДЕГДІТ=** ет. *Құрғату, кептіру.*

**ДЕГЕЛЕК** зат. зоол. <лат. ciconiidae> *Денесінің ұзындығы 76-152 см, тұмсығы ұзын болып келетін ірі құс.*

**Дегелек тәрізділер.** зоол. *Қырлы төсті құстардың бір отряды.*

**ДЕГЕЛЕКТЕЙ** сын. *Дегелек сияқты, дегелек тәрізді.*

**ДЕГЕЛЕКШЕ** үст. *Дегелек сияқты, дегелекке ұқсап.*

**ДЕГЕЛЕҢ: дегелең қақты.** сөйл. ***Дедек қақты.***

**Дегелең қақтыр.** *Дедек қақтырды.*

**ДЕГЕЛЬМИНТТЕУ** зат. биол. *Адамның, жануарлардың ағзасынан және сыртқы ортадан ішекқұрттарды жоюға арналған кешенді шаралар жиынтығы.*

**ДЕГЕНДЕЙ** үст. **1.** *Дәл, тура, дұрыс.* **2.** *Ойдағыдай, көңілдегідей.*

**ДЕГЕНЕРАЦИЯ** зат. биол. *Табиғаттағы тірі ағзалардың эволюциялық даму бағытының бірі.*

**ДЕГЕНМЕН** шылау. *Алайда, әйтсе де, бірақ.*

**ДЕГЕНШЕ** үст. *Сол бойда, бірден.*

**Дегенше болмады.** *Айтып үлгермеді, сол бойда, бірден, лезде.*

**ДЕГЕРЕС: Дегерес қойы.** *Біркелкі биязылау және ұяң жүнді, жаңадан шығарылған қой тұқымы.*

**ДЕГИДРОГЕНОЗ** [лат.de – жоқ, жою, лат. hydrogenium – сутек] зат. хим. *Органикалық заттардан сутекті бөліп алуды жылдамдататын ферменттер.*

**ДЕГИДРЛЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылыстардың молекуласынан сутекті бөліп алу процесі.*

**ДЕГРАДАЦИЯ** [франц. degradation] зат. әлеум. *Қоғамда жеке адамның немесе әлеуметтік топтың маңызды әлеуметтік мәртебесінен айырылуы және бұрынғы қалпына қайта келу мүмкіндігін жоғалтуы.*

**ДЕГРЕССИЯ** [ағыл. degression] зат. экон. *Негұрлым ұсақ табыстар ұшін пайызды кеміте отырып, ұйлесімді салымақы салу.*

**ДЕГІЗ=** ет. *Айтқызу.*

**ДЕГІШТЕ=** ет. *Бір нәрсені қайта-қайта айту, айшықтау.*

**ДЕГУМАНИЗАЦИЯ** зат. мәд. *Қоғамдық өмірдегі рухани және адамгершілік құндылықтарды жоғалту немесе мойындамау, қабылдамау, рухани тоқырау.*

**ДЕДЕК: дедек қақты.** а) *Аяғы-аяғына тимеді, жүгірді.* ә) *Көңілін тапты, бәйек болды.* б) *Қорқып қалтырады.*

**ДЕДЕКТЕ=** ет. **1.** *Тез, шапшаң жүру.* **2.** ауыс. *Бебеулеу, безілдеу.* **3.** ауыс. *Алып ұшу, жанталасу, жар құлағы жастыққа тимеу.*

**ДЕДЕКТЕТ=** ет. *Алды-артына қаратпай қуу, жүгірту.*

**ДЕДЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Дедекте.***

**ДЕДУКЦИЯ** [лат. deductio] зат. логикалық. *Ойлау процесіндегі жалпыдан жалқыға көшу әдісі.*

**ДЕДУКЦИЯЛЫҚ** сын. *Дедукцияға тән, дедукцияға қатысты.*

**Дедукциялы шығару.** инф. <ағыл. deductive response> *Сараптық жүйеде – дедукцияның «жалпыдан – жалқыға» принципін қолдануға негізделген логикалық шығару.*

**ДЕЖА** зат. тамақ. *Қамыр ашытуға арналған сыйымдылығы 100-600 л ыдыс.*

**ДЕЗАКТИВАЦИЯ** [франц. des – жоқ, жою, лат. activus – белсенді] зат. әск. *Әскерлерді радиоактивті заттардың әсерінен (зақымынан) сақтау мақсатымен олардың қару-жарақтарындағы, киім-кешектеріндегі, т.б. уланған дүниелеріндегі радиоактивті заттарды кетіріп, қауіпсіз деңгейге жеткізу шаралары.*

**ДЕЗИНТЕГРАТОР** [франц. des – жоқ, жою, лат. integer – бүтін] зат. тех. **1.** *Лорт материалдарды (көмір, тұз, бор т.б.) ұсақтап майдалауға арналған мәшине.* **2.** *Өнеркәсіптік газдарды ондағы ұсақ қатты бөлшектерден (шаң-тозаңдардан) тазартатын аппарат.* **3.** *Бактериялық препараттар жасау өндірісіндегі субклеткалық құрылымдарды зерттеу және биологиялық активті заттар алу мақсатында микроағзалар құрылысын бұзуға арналған құрылғы.*

**ДЕЗИНТЕРМИДИАЦИЯ** зат. экон. *Инвесторлардың қаражатты пайыздық табысы айтарлықтай төмен кредит мекемелерінің шотынан ашық нарықтағы табысы негұрлым жоғары инвестицияға аударуы.*

**ДЕЗИНСЕКЦИЯ** [франц. des – жоқ, жою, лат. insectum – жәндік] зат. хим. *Қоймаларда, қамбаларда т.б. химиялық заттек арқылы ауру тарататын буынаяқты ауыл шаруашылығы зиянкестерін жою шаралары.*

**ДЕЗИНСЕКЦИЯЛЫҚ** сын. хим. *Дезинсекцияға қатысты, дезинсекцияға тән.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯ** [франц. desinfection] зат. мед. *Зарарсыздандыру, ауру тудыратын микробтарды химиялық заттармен тазарту жолы.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯЛА=** ет. *Дезинфекция жүргізу, жасау.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАҒЫШ** сын. *Ауру тудыратын микробтардан арылтқыш, зарарсыздандырғыш.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАН=** ет. *Дезинфекция жасалыну, тазартылу.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУ** *Дезинфекциялa етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ** сын. *Дезинфекцияға тән, дезинфекцияға қатысты; дезинфекция жасайтын, зарарсыздандыратын.*

**ДЕЗИНФОРМАЦИЯ** [франц. des – жоқ, жою, лат. informatio – ақпарат] зат. *Жалған ақпарат.*

**ДЕЗОДОРАНТ** зат. *Жағымсыз иістерді сіңіріп, жұпар иістерді бөлетін зат (аэрозольді қаптамада және басқа да қаптамаларда шығарылады).*

**ДЕЗОДОРАЦИЯ** [франц. des – жоқ, жою, лат. odor – иіс] зат. *Аммиак, күкіртті сутегі, метан сияқты заттардың ұнамсыз иісін бейтараптандыру, яғни иісті жою.*

**ДЕИЗМ** [франц. deisme] зат. филос. *Құдайдың барлығын дүниенің басы ретінде мойындайтын діни-философиялық ілім.*

**ДЕИСТ** зат. филос. *Деизмді жақтаушы, қуаттаушы.*

**ДЕЙ** зат. жерг. *Көңіл, құлық.*

**ДЕЙНО...** *Кейбір қырылып қалған жануарлардың түрлерін білдіретін палеонтологиялық күрделі терминдердің алғашқы сыңары.*

**ДЕЙТЕРАНОМАЛИЯ** зат. псих. *Жасыл спектрдің толқындарын сезудің төмендеуімен сипатталатын көру жағдайы.*

**ДЕЙТЕРАНОМАЛИЯЛЫ** сын. психол. *Дейтераномалияға шалдыққан, дейтераномалиямен ауыратын.*

**ДЕЙТЕРАНОМИЯ** зат. психол. *Дихромазияның екі нысанының негұрлым көбірек таралуы, жасыл түске сезімталдықтың нашарлауы.*

**ДЕЙТЕРИЙ** [грек.deuteros] зат. хим. *Сутектің тұрақты изотоны, газ.*

**ДЕЙТАГРАММА** зат. инф. *Компьютерлік желілерде басқа бағдарламалық желілерден тәуелсіз жеткізілетін, логикалық байланысы тағайындалмаған десте.*

**ДЕЙТРОН** зат. хим. *Дейтерийдің ядросы.*

**ДЕЙІЛ** сын. сөйл. *Көңілі көтеріңкі, сергек.*

**ДЕЙІН** шылау. *Мекенді, мезгілді білдіретін сөздерге тіркесіп, соның шегін, межесін танытатын септеулік шылау.*

**ДЕЙІНГІ** шылау. *Барыс жалғауы сөзге тіркесіп, белгілі бір шамаға жеткендік, шектік, мезгілдік мағына үстейді.*

**ДЕК** [ағыл. deque] зат. инф. *Элементтерді тізбектің соңына да, алдына да қосуға мүмкіндік беретін жад құрылымы; екі шетті кезек.*

**ДЕКА** [нем. Decke] зат. **1.** *Жинағыш үстелдердің ең басты бөлшегі.* **2.** муз. *Дыбысты күшейту үшін жасалған шекті аспаптардың бет қақпағы.*

**ДЕКАБРИСТ** зат. тар. *Петербургте 1825 жылы 14 желтоқсанда патшалық самодержавие мен құлиеленушілік құқыққа қарсы ұйымдастырылған қозғалысқа қатысушы.*

**ДЕКАБРЬ** [лат.desember] зат. ***Желтоқсан.***

**ДЕКАДА** [франц. decade] зат. тар. **1.** *Он күн аралығындағы мерзім.* **2.** ***Онкүндік*** *(әдебиет пен өнер жетістігінің көрермендер қауымына салтанатпен паш етілуі).*

**ДЕКАДАНС** зат. мәд. *XIX ғ. екінші жартысы мен XXғ. басындағы Еуропа мәдениетінде көрініс тапқан өмірден түңілу, келешекке үмітсіздікпен қарау сарындары байқалғанын білдіретін тоқырау құбылысының жалпы атауы.*

**ДЕКАДЕНТ** зат. *Декаденттік ағымның өкілі, соны уағыздаушы.*

**ДЕКАДЕНТТІК** [франц. decadence] зат. *XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында сол кездегі рухани өмірде, көркемөнерде, философия мен эстетикада орын алған дағдарыстың әдебиеттегі көрінісі, өмірден торығу, үмітсіздікке бой алдыру сарындары басым әдеби құбылыс.*

**ДЕКАЛИТР** зат. сушар. *10 литрге тең сұйықтық өлшемі.*

**ДЕКАН** [лат. decanus] зат. *Жоғары оқу орнындағы факультет басшысы.*

**ДЕКАНАТ** зат. **1.** *Факультеттің басқар-*

*малар алқасы.* **2.** *Факультет басқармасы орналасқан бөлме, орын.*

**ДЕКАНТАЦИЯ** [франц. decanter] зат. **1.** тамақ. *Қатты заттектерді сұйықтардан айыру процесі.* **2.** кен. *Шөгіндінің үстіндегі тұнған суды лайламай бөліп алу әрекеті.*

**ДЕКАПИТАЦИЯ** [лат. de – жоқ, жою, лат. caput – бас] зат. әск. *Қарсыластың басшылығын жою немесе ұрыс даласында басшылық пен командирлердің арасындағы және қарулардың арасындағы байланыс жүйесін қирату.*

**ДЕКАТЕНАЦИЯЛАУ** [ағыл. decatenation] зат. инф. *Жолдың белгілер тізбегін бөліктерге (жол бөліктеріне) бөлшектеу әрекеті.*

**ДЕКАТРОН** тех. *Электр тізбектерін қосып-өшіру және ондық санау жүйесінде сандық есептеу үшін есептеуіш және өлшеуіш техникада, автоматтандыруда қолданылатын, газбен қуат алатын көп электродты аспап.*

**ДЕКБІР** зат. сөйл. ***Дегбір.***

**ДЕКБІРЕ=** ет. сөйл. ***Дегбіре.***

**ДЕКБІРСІЗ** сын. сөйл. ***Дегбірсіз.***

**ДЕКБІРСІЗДЕН=** ет. сөйл. ***Дегбірсізден.***

**ДЕКБІРСІЗДЕУ** сын. сөйл. *Дегбірсіздеу.*

**ДЕКБІРСІЗДІК** зат. сөйл. ***Дегбірсіздік.***

**ДЕКДАР** сын. сөйл. ***Дегдар.***

**ДЕКЛАМАТОР** [лат. declamator] зат. *Сөзді көркемдеп (мәнерлеп) оқушы, әртіс.*

**ДЕКЛАМАЦИЯ** [лат. declamatio] зат. *Дауысты нақышына келтіріп, мәнерлеп оқуға арнап жазылған көркем сөз.*

**ДЕКЛАРАНТ** зат. кәс. *Декларацияны ұсынатын адам.*

**ДЕКЛАРАТИВТІ** сын. қоғ.-саяси. *Декларациялық, декларацияға сүйенген, негізделген.*

**ДЕКЛАРАТИВТІК** сын. *Сөз жүзінде ғана айтылған.*

**ДЕКЛАРАЦИЯ** [лат. declaratio] зат. қоғ.-саяси. **1.** *Мемлекеттік саясат пен құқықтық, халықаралық қарым-қатынастардың, елдің экономикалық-саяси даму принциптерін салтанатты түрде жариялайтын мемлекеттік құжат.* **2.** *Заңды мәні бар мәліметтерді мәлімдейтін құжат.* **3.** *Халықаралық саясаттың өзекті мәселелері бойынша бірнеше мемлекет не халықаралық ұйым қабылдайтын құжат.*

**ДЕКЛАРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Декларацияға тән, декларацияға қатысты.*

**ДЕКОДЕР** [ағыл. decoder] зат. инф. *Компьютерде т.б. электрондық құрылғыларда кодталған сигналдарды (кодты) қабылдау жүйелеріне түсінікті сигналдарға түрлендіруге арналған құрылғы.*

**ДЕКОЛЬТЕ** [франц. decollete] зат. киім. *Мойын, иық тұсы ашықтау етіп тігілген әйел көйлегі өңіріндегі ойық.*

**ДЕКОМПИЛЯТОР** [ағыл. decompiler] зат. инф. *Объектілік код түрінде өрнектелген бағдарламаны алғашқы жазылған тіліне түрлендіретін өңдеу бағдарламасы.*

**ДЕКОМПОЗИЦИЯ** [ағыл. decomposition] зат. инф. **1.** *Есепті құранды бөліктерге жіктеу.* **2.** *Өңдеу нысанын (есеп, бағдарлама, жүйе мәліметтері) құранды бөліктерге жіктеу.*

**ДЕКОМПРЕССИЯ** [ағыл. decompression] зат. инф. *Тығыздалып қысылған мәліметтерді алғашқы қалпына келтіру.*

**ДЕКОРАТИВТІ** сын. ***Декоративтік.***

**Декоративті өсімдіктер.** *Саябақтар мен аула, көшелерде сәндік үшін өсірілетін өсімдіктер.*

**ДЕКОРАТИВТІК** сын. *Әсемдік, сәндік үшін қолданылатын, сәндеуге арналған.*

**ДЕКОРАЦИЯ** [франц. decoration] зат. өнер. *Спектакльдегі оқиғаның болатын жерлерінің сахнада архитектуралы бейнесімен көркемделіп көрсетілуі.*

**ДЕКОРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Сәндік, әсемдік.*

**ДЕКОРТ** [нем. Decort] зат. экон. *Алдын ала төленуіне не сапасының мәміледе көрсетілгендегіден төмен болуына байланысты алынатын шегерілім.*

**ДЕКРЕМЕНТ** [ағыл. decrementum] зат. инф. *Белгілі бір мәлімет мәнін кішірейту.*

**ДЕКРЕТ** [лат. decretum] зат. қоғ.-саяси. *Жоғарғы өкімет орнының заң есебінде шығарған қаулысы, заңы, нұсқауы.*

**ДЕКРЕТТІК** сын. қоғ.-саяси. *Декретпен бекітілген, декретке сәйкес өзгертілген.*

**Декреттік демалыс.** *Екіқабат әйелдерге заңды түрде (декрет негізінде) берілетін демалыс уақыты.* **Декреттік уақыт.** қоғ. *Белгілі бір аумақтың мемлекеттік басқару органы қаулысымен (декретімен) өзгертілген белдеулік уақыты.*

**ДЕКСТРИН** [лат. dexter] зат. хим. *Крахмал мен гликогеннің ыдырауынан алынатын өнім.*

**ДЕКСТРОН** зат. хим. *Полисахаридтер класының органикалық қосылысы, ақ түсті қатты зат.*

**ДЕКУВЕР** [франц. decouvert] зат. экон. *Мүліктің бағасы мен сақтандыру саласы арасындағы айырма.*

**ДЕЛБЕ**[1] зат. *Арба-шанаға жегілген көлікті жөнге салып, жүргізіп отыратын қайыс бау, божы.*

**Делбе қақты.** *Делбемен ат айдады, қамшылады.*

**ДЕЛБЕ**[2] зат. мед. **1**. *Бас айналдырып, сандырақтатып ауыртатын дерт, делқұлы, жарымес, тентек.* **2.** вет. <лат. encepholomyelitis enzootica eguorum> *Жұқпалы энцефаломиелит; жануарлардың орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жұқпалы ауру.* **3.** ауыс. *Азалы, шерлі, қайғы-мұң жұтқан.*

**ДЕЛБЕ**[3]**: көңіл делбеді.** *Көңілін аулады, көтерді.*

**Делбе ақын.** *Арқасы бар, көтеріліп кететін.* **Делбесі қозды.** сөйл. ***Делебесі қозды.***

**ДЕЛБЕГЕЙ** зат. этн. **1.** *Масадан қорғану үшін киетін жеңіл баскиім.* **2.** *Сырт киімнің етегі.*

**ДЕЛБЕГЕЙЛЕН=** ет. *Киімнің не басқа бір нәрсенің желмен көтеріліп желпілдеуі.*

**ДЕЛБЕЗЕК** зат. *Жүйке ауруының бір түрі.*

**ДЕЛБЕКТЕ=** ет. *Желпілдеу, ербеңдеу.*

**ДЕЛБЕЛЕ=** ет. **1**. *Делбемен демеп жүргізу, божылау.* **2.** ауыс. *Елігу, еліктіру.*

**ДЕЛБЕЛЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Делбеңде.***

**ДЕЛБЕЛЕҢДЕТ=** ет. сөйл. ***Делбеңдет.***

**ДЕЛБЕЛІК** зат. *Есерлік, есерсоқтық, делқұлылық.*

**ДЕЛБЕҢ** елік. *Желп еткен, ербең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Делбең етті.** *Желп етті, ербеңдеді.* **Делбең қақты.** *Делбең-делбең етті, желпілдеді.*

**ДЕЛБЕҢДЕ=** ет. *Желпілдеу, желп-желп ету.*

**ДЕЛБЕҢДЕУ** *Делбеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕЛБЕУ**[1] зат. *Демеу, тыншу, тыныштық.*

**ДЕЛБЕУ**[2]**: көңіл делбеу.** *Көңіл көтеріп, бір сәт қайғы-мұңды ұмыттыру, жұбату.*

**ДЕЛБЕШІ** зат. *Делбені ұстап ат айдаушы адам, божышы.*

**ДЕЛБЕШІЛІК** зат. *Делбе ұстаушылық, ат айдаушылық.*

**ДЕЛБІР: делбірі ұшты.** *Асып-састы, қорықты; тағат таппады.*

**ДЕЛДАЛ** зат. экон. <нем. Makler> **1.** *Сатушы мен алушыны келістіріп, сауда-саттықтың жүзеге асуына көмектесетін адам.* **2.** әск. *Оқу жаттығуына қатысатын бірлестіктер, құрамалар, бөлімдер мен бөлімшелер қолбасшыларының, сондай-ақ олардың штабтары (басқармалары, бөлімдері), әскер тектері, арнайы әскерлер мен қызмет басшыларының жанына жіберілген оқу-жаттығу бойынша басшылықтың өкілі.*

**Делдал болды.** *Дәнекер болды, бітістірді, көмектесті.*

**ДЕЛДАЛ** сын. *Екіұшты, әрі-сәрі, дел-сал.*

**Делдал болды.** *Не істерін білмей дал болды.*

**ДЕЛДАЛДЫҚ** зат. **1.** *Дәнекерлік, келістірушілік.* **2**. экон. *Сатушы мен алушыны келістіріп, сауда-саттықтың жүзеге асуына көмектесуге бағытталған іс-әрекет.*

**Делдалдық компаниялар.** экон. *Бағалы қағаздарды сатып алу және сату кезінде өз алармандарының мүдделерін білдіретін қор биржасының мүшелері болып табылатын, сондай-ақ клиенттерге несие алуға, олардың төлемдері бойынша кепілдікті міндеттемелер қабылдауына, төрелік (арбитраждық) мәмілелерді жүзеге асыруына байланысты қызметтердің қосымша түрлерін көрсететін компаниялар.*

**ДЕЛДАЛСЫЗ** сын. *Делдалдың көмегінсіз.*

**ДЕЛДАР** зат. сөйл. ***Делдал.***

**ДЕЛДЕК** сын. *Делдиіп тұратын, желпілдек, делдиіңкі.*

**ДЕЛДЕКТЕУ** сын. *Делдигендеу, делдиіңкілеу.*

**ДЕЛДЕҢ**[1] елік. *Желп еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Делдең етті**. *Делдиді, делдеңдеді.*

**ДЕЛДЕҢ**[2] сын. *Делдиген, делдиіңкі.*

**ДЕЛДЕҢДЕ=** ет. **1.** *Заттың жел көтергендіктен делдиюі, делдең-делдең етуі.* **2.** ауыс. *Желігу, едіреңдеу.*

**ДЕЛДЕҢ-ДЕЛДЕҢ** елік. *Қайта-қайта желпілдеген, делдеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ДЕЛДЕҢДЕТ=** ет. *Жеңіл нәрсені желдің желпілдетуі.*

**ДЕЛДЕҢДЕУ** сын. *Делдең-делдең еткен, елбелектеген, делдигендеу.*

**ДЕЛДИ=** ет. **1.** *Киімнің не басқа бір нәрсенің көтеріңкілеу, шығыңқылау болып тұруы.* **2.** *Елеңдеп елгезектенгенде мұрынның, танаудың желпілдеуі, тікіреюі.*

**ДЕЛДИТ=** ет. *Танауды не басқа нәрсені әдеттегіден көтеріңкі ұстау, қампиту, тікірейту.*

**ДЕЛДИІҢКІ** сын. *Сәл көтеріңкі, әнтек шығыңқы.*

**ДЕЛДИЮ** *Делди етістігінің қимыл атауы; танаудың үстіңгі жағының не өзге нәрсенің көтерілуі.*

**ДЕЛДІРЕ=** ет. *Желпілдеу, елігу, тікірею.*

**ДЕЛЕБЕ: делебесі қозды.** *Көңілі алып ұшты, желікті, арқасы қозды.*

**Делебесін қоздырды.** *Шабыттандырды, рухтандырды, желіктірді, қызықтырды.*

**ДЕЛЕГАТ** [лат. delegatus] зат. қоғ.-саяси. *Белгілі бір жиынға мемлекет, қоғам не ұжым атынан сайланған өкіл.*

**ДЕЛЕГАТТЫҚ** зат. *Делегат болушылық.*

**ДЕЛЕГАЦИЯ** [лат. delegatio] зат. қоғ.-саяси. *Мемлекет я ұжым атынан сайланған ресми адамдар тобы.*

**ДЕЛЕГЕЙ** зат. киім. **1.** *Қыздардың желбегей тігілген баскиімі.* **2.** *Капюшон тәрізді қыста киілетін баскиім.* **3.** әск. *Екі құлағы түсірілетін, алдында күнқағары бар, төбесі шошақтау келетін әскери бас киім.* **4.** *Етегін желбіретіп, мол етіп тіккен киім.*

**ДЕЛЕГЕЙЛІ** сын. *Желбегей кең тігілген.*

**ДЕЛЕГЕЙЛЕН=** ет. *Жел кеулеп кұмпию, делдию.*

**ДЕЛЕГЕЙЛЕНДІР=** ет. *Жел өтімен жеңіл нәрсені кұмпитіп, домалатып жіберуі.*

**ДЕЛЕГЕЙЛЕТ=** ет. *Киім етегін желдің желпілдетуі, желбіретуі.*

**ДЕЛЕК** сын. сөйл. ***Делдек.***

**ДЕЛЕКТЕ=** ет. сөйл. *Далақтау, далбақтау.*

**ДЕЛЕКТЕТ=** ет. *Киімді қымтанбай бос жіберіп, далақтатып қою.*

**ДЕЛЕҢ** елік. *Делеңдеп, желпілдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Делең етті.** *Желпілдеді, делдеңдеді.* **Делең қақты.** *Желпілдеді, желбіреді, делдеңдеді.*

**ДЕЛЕҢДЕ=** ет. *Желпілдеу, делең-делең ету.*

**ДЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Желпілдету, желбірету.*

**ДЕЛЕҢ-ДЕЛЕҢ** сын. *Желпілдеген, делеңдеген.*

**ДЕЛЕУЛЕН=** ет. *Делеңдеу, делдию.*

**ДЕЛИ=** ет. **1.** *Делдию, тікірею.* **2.** *Далию, дал болу, мең-зең болу.*

**ДЕЛИБАШ** зат. көне. *Әшейін атқа мініп, желігін басушылар.*

**ДЕЛИВЕРИ** [ағыл. delivery] зат. экон. *Тауар беру туралы жазбаша өкім.*

**ДЕЛИМИТАЦИЯ** [франц. delimitation] зат. қоғ.-саяси. *Іргелес мемлекеттер арасындағы келісім бойынша мемлекеттік шекараның орналасуын анықтау.*

**ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ**=ет. *Шекараны анықтау жұмысын жүргізу, межелеу.*

**ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ** *Делимитациялаетістігінің қимыл атауы.*

**ДЕЛИНКВЕНТ** [лат. delinquens] зат. *Жеңіл мінезді адамның ушқары қимыл-әрекеттерімен арты қылмысқа апаратын ауытқыма мінез-құлқы.*

**ДЕЛИКТ** зат. заң. *Азаматтық, қылмыстық, тәртіптік құқық бұзушылық, яғни заңсыз әрекет, теріс қылық.*

**ДЕЛИРИЙ** [лат. delirium] зат. психол. *Галлюцинациялармен, сандырақпен, жүріс-тұрыстағы қозумен байланысты сананың бұзылуы, болмыстың бұрмаланып бейнеленуі.*

**ДЕЛИСТИНГ** [лат. delistihg] зат. *Қайсыбір акционерлік қоғамның бағалы қағаздарының қамтамасыз етілуін тексергеннен кейінгі шешім бойынша оларды қор биржасындағы сауда тізімінен алып тастау ісі.*

**ДЕЛОФОНДИОЗ** зат. вет. *Қоздырғышы жұмыр құрт болып табылатын жылқының ішқұрт ауруы.*

**ДЕЛҚАЙЫР** зат. жерг. *Еш нәрсенің байыбына бармайтын, парықсыз.*

**ДЕЛҚҰЛЫ** зат. *Кіресілі-шығасылы, жарымес, әумесер.*

**ДЕЛҚҰЛЫЛАН=** ет. *Әумесерлену, есерсоқтану.*

**ДЕЛҚҰЛЫЛАУ** сын. *Жарыместеу, әумесерлеу.*

**Делқұлылау мінез.** *Парықсыз, әумесер мінез.*

**ДЕЛПІЛДЕ=** ет. сөйл. *Есерленіп арам тер болу, далақтау.*

**ДЕЛСАЛ** үст. *Мең-зең, сүлесоқ, бей-жай.*

**ДЕЛСАЛДАН=** ет. *Сүлесоқтану, мең-зең күйге түсу.*

**ДЕЛСАЛДАУ** сын. *Бейжайлау, сүлесоқтау.*

**ДЕЛСАЛДЫҚ** зат. *Бейжайлық, мең-зеңдік, сүлесоқтық.*

**ДЕЛІН=** ет. *Айтылу, сөз болу.*

**ДЕЛІНУ** *Делін етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕЛІР=** ет. сөйл. *Делдию, еліру.*

**ДЕЛЬКРЕДЕРЕ** [итал. del credere] зат. экон. *Комиссионердің үшінші бір тұлғамен жасасқан шартының орындалуы үшін оның комитет алдындағы кепілдігі.*

**ДЕЛЬТА** [грек. delta] зат. физ. *Дискретті өзгертулердің немесе сигналдың ауытқуларының бекітілген өлшемдегі көрсетілімі.*

**ДЕЛЬФИН** [грек. delphis] зат. зоол. *Сүтқоректілер тобына жататын, кит тектес, тісті теңіз жануары.*

**ДЕЛЬФИНАРИЙ** зат. *Дельфиндер өсіретін аквариум.*

**ДЕЛЮВИЙ** [лат. deluere] зат. геол. *Тау етектеріндегі түркі жыныстардың жаппай үгілуі салдарынан бөлшектене отырып, жауын-шашын, еріген қар суымен тасымалдануы нәтижесінде түзілген үгінділер жиынтығы.*

**ДЕЛЮВИЙЛІК** сын. геол. *Делювийге тән, делювийге қатысты.*

**ДЕМ** ир. зат. *Тыныс мүшелері арқылы сырттан ішке немесе іштен сыртқа шығарылатын ауа.*

**Дем [демі] алуы [алысы] ауырлады**. *Тыныс алуы қиындады, ентікті.* **Дем арасында.** *Тез арада, жылдам, лезде.* **Дем берді.** а) *Демеді, сүйемелдеді, күш-қуат беріп көтермеледі.* ә) *Жігерлендірді, қайрат берді, рухтандырды.* б) жағымсыз. *Еліртті, қайрап салды, айдап салды.* **Дем салдырды.** діни. *Үшкіртті, дұға оқу арқылы адамды дертке шалдықтырған себептерден айықтырды.* **Дем санады.** *Тағатсызданды, асықты.* **Дем санап жатты.** *Хал үстінде, әлсіреп жатты.* **Дем тартты[1].** *Өршеленді, екіленді.* **Дем тартты[2].** *Қылыш, семсер, пышақ, айбалта сияқты құралдарды пайдаланған сайын жүзі өткірлене түсті.* **Дем ұрды.** жерг. *Жынданды, шалықты, жын ұрды.* **Дем шықты.** а) *Қайтыс болды, дүние салды.* ә) *Сыздаған жарадан не қан тамырынан қан алынды.* **Демі бітті [таусылды, сөнді, тынды, үзілді].** а) *Тынысы тарылды, демалысы қиындады, демалысы тоқтады.* ә) *Жан тәсілім қылды, үзілді.* **Демі жылы.** *Демалысы өте жағымды.* **Демі екі иығынан зорға алынды.** *Ауырудан ентікті, шаршады.* **Демі қосылды.** *Пікірі бір жерден шықты, көңілдері жарасты, іштей сезінді, ұғысты.* **Демі құрыды.** *Шаршап-шалдықты, қалжырады.* **Демін басты.** *Ентігін басты, тыныс алды.* **Деміне нан пісті.** *Өркөкіректік істеді, мақтанып ісіп кепті, паңсыды, ешкімді менсінбеді; жетісін шалқып отырды.* **Демін жақыннан сезінді.** *Қатар жүрді, бірге болды.* **Демін жұтты.** *Тынышталды, тына қалды.* **Демін кеңсірігінен алды.** *Әрең дем алды, қатты қысылды.* **Демін ішіне тартты.** *Тына қалды, артын бақты.* **Демі от [жалын] болды.** *Күйіп-жанды, ыстығы бетті шарпыды.*

**ДЕМАГОГ** [грек. demagoges] зат. *Көпірме, құрғақ сөзге үйір адам.*

**ДЕМАГОГИЯ** [грек. demagogia] зат. саяси. *Жалған ұрандар мен уәделер арқылы халықты алдау, еліктіру саясаты.*

**ДЕМАГОГИЯЛЫҚ** зат. *Бос сөзділік, көпірме сөзділік.*

**ДЕМАГОГТІК** зат. *Құрғақ көпірме сөзділік.*

**ДЕМАЛ=** ет. *Тыныстау, тыншу, тынығу.*

**ДЕМАЛУ** *Демал етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМАЛУШЫ** зат. ***Тынығушы.***

**ДЕМАЛЫС** зат. *Тынығатын, демалатын уақыт, мерзім.*

**Демалыс билеті.** әск. *Демалысқа босатылған әскери қызметшілерге берілетін белгіленген түрдегі құжат.* **Демалыс және мәдениет бақтары.** *Қалалық жерлердегі көпшіліктің жұмыстан бос уақытында таза ауада тынығып, демалуына және көңіл көтеруіне арналған бақтар.* **Демалыс зонасы.** *Демалыс аймағы (әртүрлі сырқаттардан емделу, тынығу орны, шипалы жер).* **Демалыс күн.** а) *Жексенбі.* ә) *Жұмыстан қол бос күн.* **Демалыс уақыты.** *Қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан босайтын әрі өз қалауынша пайдаланатын уақыты.* **Демалыс үйі.** *Тынығып, денсаулықты түзеуге арналған емдеу-сауықтыру орны.*

**ДЕМАЛЫССЫЗ** үст. *Дем алмастан, ұдайы үзіліссіз.*

**ДЕМАРКАЦИЯ** [франц. demarcation] зат. саяси. *Шекараны айыру, межелеу.*

**ДЕМАРКАЦИЯЛАУ** зат. саяси. *Шекараны межелеу әрекеті.*

**ДЕМАРКАЦИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Демаркацияға қатысты, демаркацияға тән.*

**Демаркациялық сызық [линия].** саяси. а) *Соғысушы жақтарды олардың уақытша татуласуы кезінде қолданылатын бөлгіш сызық.* ә) *Жеңген мемлекет территориясын аймақтарға бөлетін сызық.* б) *Тұрақты шекара бекітілгенге дейінгі бәсекелескен көрші мемлекеттер территориясында уақытша бекітілген шекара.*

**ДЕМАРКЕТИНГ** [лат. de – күшін жою, ағыл. marketing – нарық, өткізу] зат. экон. *Бағаны көтеру немесе жарнама мен қызмет көрсетуге бөлінетін қаражатты қысқарту арқылы тапшы тауарға сатып алушылардың сұранысын төмендету.*

**ДЕМАРШ** [франц. demarche] зат. саяси. *Бір мемлекет үкіметінің не сыртқы істер ведомствосының басқа мемлекетке қысым жасау мақсатында жолдайтын өтініші, қарсылығы не ескертпесі.*

**ДЕМБЕ** зат. діни. *Сусыз жерде намаз оқу үшін қолды жерге, топыраққа не шаңы бар затқа тигізіп алатын дәрет.*

**Дембе қақты.** діни. *Дембі қақты.* **Дембе қағысты.** *Бірнеше адам су болмағандықтан, топырақ не шаңды пайдаланып дәрет алды.*

**ДЕМБЕ-ДЕМ** [ир. دم بدم] үст. *Әлсін-әлсін, қайта-қайта.*

**ДЕМБЕЛ[1]** сын. *Денесі тығыз келген.*

**Дембел денелі.** *Орта бойлы, толықша келген.*

**ДЕМБЕЛ[2]** зат. жерг. *Оқтау ағаш, бөлек ағаш.*

**ДЕМБЕЛДЕУ** сын. *Денесі тығыздау келген.*

**ДЕМБЕЛШЕ** сын. *Аласа бойлы, жуантық, етжеңді.*

**ДЕМБЕЛШЕЛЕН=** ет. *Аласару, тығыздалу.*

**ДЕМБЕЛШЕЛЕУ** сын. *Аласа келген, жуантықтау.*

**ДЕМБЕЛШЕҢ** сын. сөйл. ***Дембелше.***

**ДЕМБЕЛШЕҢДЕУ** сын. сөйл. ***Дембелшелеу.***

**ДЕМБЕТ** зат. өс. <лат. mertensia> *Айлауықтар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**Дембет белбеу.** этн. сөйл. ***Деңмент белбеу.***

**ДЕМБІ[1]** зат. діни. сөйл. ***Дембе.***

**Дембі қақты [соқты].** *Су болмағандықтан, оның орнына топырақты, шаңды пайдаланып дәрет алды.*

**ДЕМБІ[2]: дембі салу**. қолөнер. *Ағаш бұйымдарының бұрғылап тесілген жеріне қызған темірмен қарып белгі салу.*

**ДЕМБІЛ-ДЕМБІЛ** үст. сөйл. ***Дамылдамыл.***

**ДЕМБІЛЕ=** ет. *Бекіту, ілу.*

**ДЕМДЕ** үст. *Лезде, жылдам, шапшаң, тез арада.*

**ДЕМДЕ[1]=** ет. **1.** *Шайды аққұманға қайнатып әзірлеу.* **2.** ауыс. *Көмектесу, демеу, сүйемелдеу.* **3.** ауыс. *Телу, қосу.*

**ДЕМДЕ[2]=** ет. **1.** *Демге ұстау, үрлеу.* **2.** *Ескі наным бойынша ұшкіріп, күш беру, дем салу.*

**ДЕМДЕЛ=** ет. *Шайдың ысытылып, қызыл боп шығуы.*

**ДЕМ-ДЕМ** үст. *Оқтын-оқтын, әлсін-әлсін.*

**ДЕМДЕН: көңіл демденді.** *Көңілін орнына түсірді, көңілін орнықтырды.*

**ДЕМДЕУ** *Демде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аққұманға шай салып бабымен шығару.* **2.** *Еселеу, үстіне су құйып, қайнату.*

**ДЕМДЕУЛІ** сын. есім. *Шай салынып, бабымен шығарылған.*

**ДЕМЕ=** ет. **1.** *Отты қағыстыру, көсеу, ысуын күшейту.* **2.** *Сүйемелдеу, жәрдемдесу.* **3.** ауыс. *Қостау, қолдау.*

**ДЕМЕК** шыл. *Яғни, яки, екінші сөзбен айтқанда.*

**ДЕМЕКЛІК** зат. көне. *Айтпақтық, сөйлемектік, деу.*

**ДЕМЕКШІ** шыл. *Айтқандайын, айтпақшы, дегендей.*

**ДЕМЕНЦИЯ** [лат. dementia] зат. мед. *Жоғарғы психикалық функциялардың жете дамымауының немесе семуінің салдары болып табылатын кемақылдылық.*

**ДЕМЕҢКІРЕ=** ет. *Қозғаңқырау, түртіңкіреу.*

**ДЕМЕРЕДЖ** [ағыл. demurrage] зат. экон. *Портта жүк тиеу кезінде кеменің шартта уағдаласқан мерзімінен басқа уақытта бос тұрғаны үшін кеме иесіне жалдаушы төлейтін тұрақсыздық айыбы.*

**ДЕМЕП-ЖЕБЕ=** ет. *Қол ұшын беру, көмектесу.*

**ДЕМЕП-ҚОЛДА=** ет. *Қол ұшын беру, көмектесу.*

**ДЕМЕС=** ет. *Көп болып көмектесу, жәрдемдесу.*

**ДЕМЕСТІК** зат. поэт. *Деп айтпаушылық, демеушілік.*

**ДЕМЕСІН** зат. *Сүйеу, көмек.*

**Демесін болды.** *Сүйеу, көмек болды.*

**ДЕМЕТ=** ет. *Күшейту, өршіту.*

**ДЕМЕТРА** зат. миф. *Көне грек мифологиясындағы жерді қнарландыру, егін шаруашылығының құдайы.*

**ДЕМЕУ**[1] зат. лингв. ***Демеулік.***

**ДЕМЕУ**[2] зат. *Сүйеніш, тірек.*

**Демеу берді.** *Қолдады, демеді.*

**ДЕМЕУ=** ет. *Деме етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМЕУЛІК** зат. лингв. *Демеуші, көмекші сөз.*

**ДЕМЕУРІН** зат. *Көмек, жәрдем.*

**ДЕМЕУШІ** зат. **1.** *Сүйемелдеуші, сүйеуші.* **2.** *Қолдаушы, дем беруші.* **3.** жаңа. экон. *Әлеуметтік мәні бар түрлі шараларға материалдық жәрдем беруші кәсіпорын, мекеме, жеке адам.*

**Демеуші болды.** *Әлеуметтік мәні бар шараға материалдық жәрдем көрсетті, көмектесті.*

**ДЕМЕУШІЛІК** зат. жаңа. *Белгілі бір шараға қол ұшын беріп, көмек жасаушылық.*

**Демеушілік жасады.** *Әлеуметтік мәні бар шараларға материалдық жәрдем көрсетті.*

**ДЕМИЛИТАРЛАНДЫР=** [франц. demilitariser] ет. әск. *Белгілі бір территорияда әскер ұстау арқылы оның қауіпсіздігін күшейте түсу, қару-жарақ ендіруге тыйым салу, қарусыздандыру.*

**ДЕМИЛИТАРЛАНДЫРУ** әск. *Демилитарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМИЛИТАНДЫРЫЛ=** ет. *Әскери қуқуаты жойылу, соғыс ашу қабілетінен айырылу.*

**ДЕМИФОЛОГИЗАЦИЯ** зат. мәд. *Гуманитарлық ғылымда ғылыми зерттеулерді мифологиялық танымнан арылту әдісі.*

**ДЕМОБИЛИЗАЦИЯ** [франц. demobilisation] зат. әск. *Әскери қызметкерлерді міндетті қызметтен босату, отставкаға не резервке шығару.*

**ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАН=** ет. *Қарулы күштер мен елдің соғыс жағдайынан бейбіт жағдайға көшірілуі.*

**ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАНУ** *Демобилизация етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМОГРАФ** зат. *Демографиямен шұғылданушы, демография мәселелерімен айналысушы маман.*

**ДЕМОГРАФИЯ** [грек. demos – халық, grapho – жазамын] зат. *Халықтың санын, құрамын, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.*

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Халық санына қатысты.*

**Демографиялық аудандастыру.** *Зерттеу нысаны болып табылатын аумақты демографиялық сипаттары жөнінен ұқсас аудандарға бөлу.* **Демографиялық болжам.** жаңа. *Белгілі бір жердегі, елдегі халықтың саны мен құрамы туралы болжамдық есеп.* **Демографиялық дағдарыс.** жаңа. *Әлеуметтік, экономикалық, табиғи ықпалдардың әсерінен белгілі бір аймақтағы халықтың ұдайы өсуінің тежелуі.* **Демографиялық даму.** қоғ.-әлеум. *Халық санының өсуі.* **Демографиялық дүмпу.** жаңа. *Халық санының шұғыл да қарқынды өсуі.* **Демографиялық саясат.** жаңа. *Халықтың ұдайы өсуі үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық шаралар жүйесі.* **Демографиялық статистика.** *Халық статистикасы; белгілі бір ел немесе халықтарының санын, құрамын, орналасуын, көші-қонын немесе оның жекелеген тобын сипаттайтын деректерді жинау, өңдеу, тіркеу және талдаумен шұғылданатын статистика саласы.*

**ДЕМОДУЛЯТОР** зат. физ. *Модуляцияға кері әрекет туғызатын, яғни модуляцияланған тербелісті депекторлайтын немесе оның модуляциялану жиілігін төмендететін электр тізбегі не құрылғы.*

**ДЕМОДУЛЯЦИЯ** зат. физ. *Модуляцияланған сигнал құрамынан ақпараттық сигналды ажыратып, бөліп шығару әрекеті.*

**ДЕМОКРАТ** зат. саяси. *Халықтың саяси бостандығы мен құқықтарын жақтайтын демократия жолын тұтынушы.*

**ДЕМОКРАТИЗМ** зат. *Демократияға негізделушілік, демократияға сүйенушілік.*

**ДЕМОКРАТИЯ** [грек. demos – халық, kratos – билік] зат. *Жоғарғы өкімет билігі халықтың қолында болатын қоғамды, мемлекеттік билікті, саяси және әлеуметтік ұйымдарды ұдайы дамытып, жетілдіріп отыруды ұстанатын басқару формасы.*

**ДЕМОКРАТИЯЛАН=** ет. *Демократиялық негізде құру, ұйымдастыру.*

**ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫР=** ет. *Демократиялық негізде құрғызу, демократиялық негізде ұйымдастыру.*

**ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ** *Демократияландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМОКРАТИЯЛАНУ** *Демократиялан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ** сын. *Демократияға, демократиялық принциптерге негізделген, демократияға тән.*

**Демократиялық жаңару.** *Демократиялық негізде жаңадан ұйымдастыру, қалыптастыру.* **Демократиялық қоғам.** қоғ.-саяси. *Халықтық билік; сайлау арқылы жүзеге асатын халық өкілеттері арқылы басқарылатын қоғам.* **Демократиялық мемлекет.** *Демократия талаптарын басшылыққа алған мемлекет.* **Демократиялық норма.** *Қоғамдағы әділдік, теңдік қағидалары.* **Демократиялық реформа.** *Демократиялық негіздегі өзгерістер.*

**ДЕМОКРАТИЯСЫЗДАН=** ет. *Демократиялық негізден ажырау.*

**ДЕМОКРАТИЯШЫЛ** сын. *Демократияны жақтаушы.*

**ДЕМОКРАТТЫҚ** сын. *Демократияға, қалың бұқараға, қарапайым жұртшылыққа тән.*

**ДЕМОНЕТИЗАЦИЯ** [франц. demonetisation] зат. экон. *Қолданыстағы тиынның ақша болудан қалуы, оның ресми тәртіппен айналымнан шығарылуы.*

**ДЕМОНОЛОГИЯ** [грек. daimon – тәңір, logos – ілім] зат. *Адамға қас, зиян дүлей күштер туралы ілім.*

**ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯ** [лат. de – алып тастау, грек. monos – жалғыз, poleo– сатамын] зат. экон. *Мемлекеттің бәсекені дамытуға және нарыққа дара өктемдікпен (монополиялық) қысым жасауын тежеуге бағытталған саясаты.*

**ДЕМОНСТРАНТ** зат. *Демонстрацияға қатысушы, шеруші.*

**ДЕМОНСТРАЦИЯ** [лат. demonstratio] зат. **1.** қоғ.-саяси. *Саяси-қоғамдық т.б. көңіл күйді білдіру үшін жасалатын көпшілік шеруі, салтанаты.* **2.** *Наразылық білдіріп, қыр көрсетудің түрі.* **3.** *Белгілі бір нәтижені, жаңалықты, сән үлгілерін т.б. сипаттап көпшілікке көрсету әдісі.*

**ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Демонстрацияға тән, демонстрацияға қатысты.*

**ДЕМОПАТ** зат. *Халық медицинасының амал-әдістерімен ем-дом жасайтын емші.*

**ДЕМПИНГ** [ағыл. dumping] зат. экон. *Бәсекелестерін ығыстыру үшін шетел нарығында тауарлардың бағасын төмен құнмен сату, арзан экспорт.*

**ДЕМПИНГТІК** сын. *Демпингке тән, демпингке қатысты.*

**ДЕМПИНГІЛІК** сын. экон. ***Демпингтік.***

**ДЕМОРАЛИЗАЦИЯ** [франц. demoralisation] зат. *Азғындау, рухани-адамгершілік қасиеттердің тоқырауы, өнегеліктің, тәртіптің құлдырауы.*

**ДЕМПФЕР** [нем. Dampfer] зат. муз. *Музыкалық аспаптарда дыбысты бәсеңдететін тетік.*

**ДЕМСЕРІК** зат. *Жәрдемші, тілекші.*

**ДЕМСІЗ** сын. есім. **1.** *Демі жоқ, ауасы жоқ.* **2.** *Дем шығармай, дем алмай.*

**ДЕМТЕСІК** зат. биол. *Жәндіктер мен көпаяқтылардың денесінің екі бүйірінде орналасқан тыныс алатын тесіктер.*

**ДЕМУТАЦИЯ** зат. *Биоценоздың қалыпты жағдайдан ауытқуына байланысты жүріп жатқан өзгерістер, бастапқы қалпына келуге бағытталған үдеріс.*

**ДЕМШІ** зат. *Дем салып, ұшкіру арқылы емдеуші.*

**ДЕМІГУ** *Демік етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМІК=** ет. **1.** *Ентігіп алқыну, тынысы тарылу.* **2.** *Кеуде толтыру, құшырлану.*

**ДЕМІКПЕ** зат. мед. вет. *Адам мен малда кеңірдек тарамдарының тарылуынан немесе жүректің қысылуынан болатын тұншығу.*

**ДЕМІКТІР=** ет. **1.** *Жүректі алқындырып, тыныс алуды қиындату.* **2.** *Қолқаға кіріп, дамаларды қиындату.*

**ДЕМІКТІРУ** *Деміктір етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕМІЛ-ДЕМІЛ** үст. сөйл. *Жиі-жиі, әлсін-әлсін, дамыл-дамыл.*

**ДЕН**[1] зат. сөйл. ***Дене.***

**Дені дұрыс [бүтін].** а) *Көңілге қонатын, көрсетуге жарайтын жарамды.* ә) *Ақыл-есі бүтін, жөні түзу.* **Дені қарның сау ма?** этн. *Үлкен кісілердің өзара немесе жасы кішілермен амандық сұрасқанда айтылатын аман-есен жүрсің бе дегенді білдіретін әдеп сөз.* **Дені сау.** а) *Денсаулығы жақсы, ауру-сырқауы жоқ, қол-аяғы бүтін.* ә) сөйл. *Есі дұрыс, ақыл-есінен адаспаған.* **Дені тетік.** *Дені сау, сырқаты тәуір.*

**ДЕН**[2] үст. жерг. ***Дән.***

**Ден қойды**. *Көңіл бөлді, назар аударды, ықылас салды.*

**ДЕН**[3]**: ден тартты.** *Іш тартты, бүйрегі бұрды.*

**ДЕНАТУРАТ** [лат. denaturatus] зат. хим. *Ішуге болмайтын, иісі мен дәмі жағымсыз, қоспалы (улы) спирт.*

**ДЕНАТУРАТТА=** ет. хим. *Жылудың не химиялық агенттердің т.б. әсерінен биополимерлердің, кеңістіктік құрылымдардың бұзылуы.*

**ДЕНАТУРАТТАУ** *Денатуратта етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕНАТУРАЦИЯ** [лат. denaturare] зат. хим. *Сұйықтың негізгі құрамына байланыссыз басқа зат қосып, оның сыртқы қасиетін өзгерту әдісі.*

**ДЕНАТУРАЦИЯЛЫҚ** сын. хим. *Денатурацияға тән, денатурацияға қатысты.*

**ДЕНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ** [франц. denationalisation] зат. экон. *Мемлекет меншігін алу немесе мемлекеттің өзі құрған мемлекеттік меншікті (өнеркәсіп орындарын, банктерді, жер телімдерін, көлікті, акцияларды т.б.) жеке ұжымдық меншікке немесе қоғамдық ұйымдардың меншігіне айналдыруы.*

**ДЕНДЕ=** ет. **1.** *Ұлғая, өршелене түсу.* **2.** *Дәлдеу, туралау.* **3.** *Көбірек ену, молынан кіру.*

**ДЕНДЕҢКІРЕ=** ет. *Көбірек ену, еніңкіреу.*

**ДЕНДЕП** үст. **1.** *Басым көпшілігі, жартысынан көбі, молынан.* **2.** *Тереңнен, әріден.* **3.** *Әбден, түбегейлі.*

**Дендеп енді.** *Молынан батты.*

**ДЕНДЕТ=** ет. **1.** *Көбірек ендіру, кіргізу.* **2.** *Басымдау қылу.*

**ДЕНДРАРИЙ** [грек. dendron] зат. биол. *Дендрологиялық бақ өсімдіктерін жүйелік, географиялық, экологиялық, әсемдік т.б. белгілеріне байланысты өсіретін жер телімі, арнайы бақ.*

**ДЕНДРИТ** [лат. dendron] зат. геол. *Пішіні ағаш тәрізді минералдық агрегаттар.*

**ДЕНДРО...** [лат. dendron] *Мағынасы «ағаш» сөзімен байланысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ДЕНДРОБАҚ** зат. бот. *Өсімдіктер жүйеленімдік, географиялық, экологиялық, әсемдік т.б. белгілеріне байланысты өсірілетін, эстетикалық, ағартушылық мәні бар арнайы бақ.*

**ДЕНДРОЛОГ** зат. бот. *Дендрология маманы.*

**ДЕНДРОЛОГИЯ** [грек. dendron – ағаш, logos – ілім] зат. бот. *Ботаниканың ағаш өсімдіктерін, яғни ағаштарды, бұталарды және бұташықтарды зерттейтін бөлімі.*

**ДЕНДРОЦИТ** [грек. dendron – ағаш, kytos – торша] зат. биол. *Көп қабатты, жалпақ мүйізделген, эпителийдің төменгі базальды қабатында орналасқан, түйіршікті, тармақты өсінділі жасуша.*

**ДЕНЕ** зат. **1.** *Адамның бүкіл тұла бойы.* **2.** биол. *Тірі ағзалардың сыртқы түрпаты.* **3.** физ. *Нақтылы бір заттың бар көлемі, өн бойы.* **4.** астр. *Жұлдыздар мен ғаламшарлар, метеорлар т.б.* **5.** инф. <ағыл. body> *Қандай да бір әрекеттердің сипаттамасынан немесе хабарламадан тұратын ақпараттық дүниенің ішкі жағы.* **6.** ауыс. *Адам, кісі, жан.*

**Дене бітімі [бітісі].** *Тұла бойы, тұлғасы, жаратылыс қалпы.* **Дене еңбегі.** *Қол күші, дене қимылы арқылы орындалатын қара жұмыс.* **Дене жарақаты.** мед. *Соққы, зардаптардың салдарынан денеге түсірілген жара т.б.* **Дене жасушалары.** биол. <лат. soma – дене, грек. kytos – жасуша> *Жануарлар ағзасының мүшелері мен ұлпаларын құрайтын жасушалар (жыныс жасушасынан басқалары).* **Дене жаттығулары.** *Денсаулықты нығайтуға бағытталған жаттығулар.* **Дене жылуы.** физ. *Дененің жалпы жылу сыйымдылығына жататын (дененің температурасын 1 градусқа арттыруға жұмсалатын жылу мөлшері) ағзадағы барлық ұлпалардың жылу сыйымдылығы мен жылу өндіру шамасының қосындысын сипаттайтын физикалық шама.* **Дене қисықтығы.** биол. *Дененің қалыпты күйінен ауытқуы.* **Дене қуысы.** биол. <лат. covum – қуыс, soma – дене> *Ішкі мүше жүйелері орналасқан дененің табиғи қуысы.* **Дене саламаттығы.** *Деннің саулығы, амандығы.* **Дене тәрбиесі.** а) *Мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының адам денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға бағытталған бір саласы.* ә) *Дене шынықтыру пәні.* **Дене температурасы.** биол. ***Дене жылуы.*** **Дене тұрқы.** *Тұрпаты, бойы.* **Дене түршіктірді.** *Жаныңды шошытты, аза бойын қаза тұрғызды.* **Дене тітіркенді.** *Секем алды, шошыды, тоңды.* **Дене шынықтыру.** *Денсаулықты нығайту үшін дене күштерін жетілдіру жолдары, дене шынықтырумен айналысу.* **Дене шынықтыру алаңы**. *Денешынықтыру сабағы өтетін арнайы жер, мектеп стадионы.* **Денесі [тұла бойы] ауырлады [ауыр тартты].** *Өзін жайсыз сезінді, өне бойы сыздады.* **Денесі мұздады.** *Суықтан, қорыққаннан т.б. денесі тоңды, түршікті.* **Денесі түршікті.** *Төбе шашы тік тұрды, тітіркенді.*

**ДЕНЕ=** ет. *Басым болу, жеңу, бағындыру.*

**ДЕНЕБҮЙРЕК** зат. биол. <грек. mesos – аралық, nephros – бүйрек> *Зәр шығару мүшесі ретінде дамып жетілетін, құрылысы күрделі қомақты мүше (аралық бүйрек).*

**ДЕНЕДЕЙ** сын. *Дене сияқты, дене тәрізді.*

**ДЕНЕЙ** үст. сөйл. *Ылғи, өңкей.*

**ДЕНЕЛЕП** үст. **1.** *Біртіндеп, бір-бірлеп, мүшелеп.* **2.** *Бойлап, тереңдеп.*

**ДЕНЕЛІ** сын. *Тұлғалы, денесі үлкен, зор.*

**ДЕНЕЛІК** сын. *Денеге тән, денеге қатысты.*

**Денелік бұрыш.** геом. *Конустық беттің қос қуысының бірімен шектелген кеңістіктің бөлігі.* **Денелік шыны.** хим. *Бетіне оптикалық әдіспен зерттелетін нысан орналастырылатын шыны тақташық.*

**ДЕНЕЛІЛЕУ** сын. *Тұлғасы ірілеу, үлкендеу.*

**ДЕНЕЛІЛІК** зат. *Тұлғалылық, ірілік.*

**ДЕНЕСІЗ** сын. *Денесі жоқ.*

**ДЕНЕ-ТҰЛҒА** зат. *Дене құрылысы, бітімі.*

**ДЕНЕШІК** зат. биол. *Ағзадағы кішкене зат.*

**ДЕНИТРИФИКАЦИЯ** зат. хим. *Нитраттар мен нитриттердің микробтар арқылы молекулалық азот пен аммиакка дейін ыдырау әрекеті.*

**ДЕНОМИНАЦИЯ** [лат. de denominatio] зат. экон. *Ақша айналымын ретке келтіру, қағаз ақшаның құны түскен кезде ақша атауын өзгертпей, көрсеткішін кеміту арқылы ақшаның құнын өзгерту.*

**ДЕНОНСАЦИЯ** [франц. denociatio] зат. саяси. *Екі арадағы шарттың бұзылғандығы туралы бір мемлекеттің екінші мемлекетке жасайтын хабарламасы.*

**ДЕНОТАТ** [лат. denotatus] зат. лингв. *Тілдік бірлік арқылы белгіленетін шындық дүние нысандары.*

**ДЕНСАУЛЫҚ** зат. *Адам ағзасының қалыпты жағдайы, есен-саулық, ауру-сырқаудан аман болушылық.*

**Денсаулығы көтермеді.** *Науқасы мүмкіндік бермеді, денсаулығы жарамады.* **Денсаулығын түзеді.** *Денсаулығын қалпына келтірді, оңалды.* **Денсаулық сақтау.** а) *Халықтың денсаулығын қорғауға, аурулардың алдын алу мен оларды емдеуге бағытталған мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық және медициналық шаралар жүйесі.* ә) *Денсаулығын күту, ем алу.* б) мед. *Мемлекеттің халық денсаулығын алдын алу, емдеу шараларын ұйымдастырып, қоғамдық санитарлық тазалықтың сақталуын қадағалайтын жүйесі.* **Денсаулық сақтау органдары [бөлімі, ұйымы, департаменті, министрлігі].** *Халықты аурудан сақтандырып, емдеуді ұйымдастыратын мекемелер.*

**ДЕНСАУШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Денсаулық.***

**ДЕНСИМЕТР** [лат. densus – тығыз, грек. metron – өлшем] зат. физ. *Сұйықтар мен қатты денелердің салыстырмалы тығыздығын өлшейтін аспап.*

**ДЕНСИМЕТРИЯ** [лат. densus – тығыз, қою, грек. metron – өлшем] зат. физ. *Қатты, сұйық заттардың салыстырмалы тығыздығын өлшеу әдістерінің жиынтығы.*

**ДЕСИНХРОНИЯ** зат. *Адамға үйреншікті уақыт пен сол сәтте өзі тұрған жердің уақыты арасындағы сәйкессіздік (бірнеше сағаттық белдеуден асып өтумен байланысты тәуліктік ырғақтың бұзылуын белгілеу үшін қолданылатын термин).*

**ДЕНСИТОМЕТР** зат. геол. *Таужыныстардың тығыздығын өлшеуге арналған аспап.*

**ДЕНТИН** [лат. dentis] зат. мед. *Тістің негізгі бөлігін құрайтын сүйек тінінің бір түрі.*

**ДЕНУДАЦИЯ** [лат. denudatio] зат. геол. *Тау жыныстарының сыртқы күштер әсерінен үгілуі және осы үгінділердің биік жерден сумен, желмен, мұзбен жылжып келіп ойыстарға шөгуі.*

**ДЕНУДАЦИЯЛЫҚ** сын. геол. *Денудацияға тән, денудацияға қатысты.*

**Денудациялық жазық.** геол. *Тектоникалық қырат жерлерде денудациялық агенттер әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан, тегістелген бет.*

**ДЕНІ** үст. *Бір нәрсенің жартысынан көбі, басым көпшілігі.*

**ДЕҢ** зат. жерг. **1.** *Бір нәрсенің тұсы, қатары.* **2.** *Биігі, деңгейі.*

**ДЕҢБЕЛТЕК** сын. сөйл. *Толықша келген, аласа бойлы, дембелше.*

**ДЕҢБЕТ** сын. көне. *Күмістелген, күміс жалатқан.*

**ДЕҢГЕ** зат. жерг. ***Теңге.***

**ДЕҢГЕЙ** зат. **1.** *Тұспа-тұсы, нақ шені.* **2.** *Белгілі бір шама, көлем.* **4.** *Дәреже.* **5.** *Биіктік.* **6.** геол. *Таудың, жердің биік-аласалығын салыстыратын географиялық өлшем.* **7.** инф. *Белгілі бір мәселелер кешенін сипаттайтын есептеуші желі құрылысының логикалық қабаты.*

**Деңгей өлшеуіш.** физ. *Резервуарлар мен жабық ыдыстардағы сұйық заттардың, тоғандар мен ұңғыма құдықтардағы судың деңгейін өлшеуге арналған аспап.*

**ДЕҢГЕЙАРАЛЫҚ** сын. *Деңгейлердің арасындағы, деңгейлердің аралығындағы.*

**ДЕҢГЕЙЛЕ=** ет. *Шамалау, мөлшерлеу.*

**ДЕҢГЕЙЛЕН=** ет. *Қатарласу, тұсына жету.*

**ДЕҢГЕЙЛЕС** сын. **1.** *Тұстас, қатар, дәрежелес. // Қатарлас, дәрежелес адамдар.*

**2.** *Жақын, қатар.*

**ДЕҢГЕЙЛЕС=** ет. *Қатарласу, тұстасу.*

**ДЕҢГЕЙЛЕСТІР=** ет. *Қатарластыру, теңестіру.*

**ДЕҢГЕЙЛЕУІШ** зат. тех. *Заттың тегістігін байқайтын аспап.*

**ДЕҢГЕЙЛІ** сын. *Деңгейі бар, дәрежелі.*

**ДЕҢГЕЙЛІК**[1] зат. **1.** *Нәрсенің тегістігін өлшеуіш құрал.* **2.** *Мөлшер, шама, дәреже.*

**ДЕҢГЕЙЛІК**[2] сын. *Деңгейге тән, деңгейге қатысты.*

**Деңгейлік тапсырмалар.** пед. *Білім алушылардың білім деңгейіне қарай оқу құралдары мен оқулықтарда қарапайымнан күрделіге қарай арнайы топтастырылатын тапсырмалар.*

**ДЕҢГЕЛ**[1] зат. өс. <лат. eutrema> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**ДЕҢГЕЛ**[2] зат. жерг. *Тең, қатар, теме.*

**ДЕҢГЕЛЕК** сын. сөйл. ***Дөңгелек.***

**ДЕҢГЕНЕ** зат. жерг. *Әңгімесі жарасқан, жақсы аралас-құралас болып жүрген бірнеше адамның бірігіп, бір малды ортақтасып сойып алуға бас қосуы.*

**ДЕҢГЕРЕДЕЙ** сын. сөйл. ***Даңғарадай.***

**ДЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Денде.***

**ДЕҢДЕС** сын. сөйл. ***Деңгейлес.***

**ДЕҢДІ=** ет. сөйл. ***Дегді.***

**ДЕҢКИ=** ет. сөйл. *Оқшаулану, дөңкию, теңкию.*

**ДЕҢКИТ=** ет. *Дөңкиту, теңкиту.*

**ДЕҢКІРЕ=** ет. *Айтыңқырау, сөйлеңкірей түсу.*

**ДЕҢМЕНТ** зат. сөйл. ***Деңбет.***

**Деңмент белбеу.** этн. *Күміс шытыра, құйма, қапсырма орнатылып, масаты, шибарқыт сияқты матадан тігілген немесе былғарыдан жасалған, шапан сыртынан тағылатын белбеу.* **Деңмент белбеу қалып.** этн. зерг. *Деңмент белбеудің шытырасын, салпыншағын жасауға арналған қалып.*

**ДЕҢІЗ** зат. сөйл. ***Теңіз.***

**ДЕПАРТАМЕНТ** [франц. departement] зат. *Мемлекеттегі жоғарғы үкімет мекемелерінің бөлімі.*

**ДЕПО** [франц. depot] зат. **1.** *Паровоз, вагондар тұратын, жөнделетін орын.* **2.** *Бухгалтерлік есеп жөніндегі компьютерлік бағдарламаларда есеп аппаратын жинақтауға арналған жиынтық тізімдемесі.*

**ДЕПОЗИТ** [лат. depositum] зат. экон. *Банк немесе сақтық кассасына уақытша сақтауға сеніп берген ақша немесе бағалы қағаздар.*

**Депозит ашушы**. экон. *Үстеме пайда түсіретін банктің сақтау қорына ақшасын салушы.* **Депозитке салу.** экон. *Бағалы қағаздарды, ақшаны т.б. мемлекеттік мекемеге (мыс., банкке немесе нотариалдық кеңсеге) сақтауға табыстау, халықаралық шарттың түпнұсқа мәтінін, бекітілген грамоталарды немесе шартқа қатысты басқа да құжаттарды депозитарийге сақтауға табыстау.* **Депозит операциялары.** экон. *Несие мекемелерінің салымдарға ақша қаражатын тарту және оны орналастыру жөніндегі операциялары.*

**ДЕПОЗИТАРИЙ** [франц. depositaire] зат. экон. *Депозиттер сеніп тапсырылған заңды немесе жеке тұлға.*

**ДЕПОЗИТОР** [ағыл. depositor] зат. экон. *Депозиттің иесі, банк, кәсіпорын немесе мекеме, әлдебір себептермен белгіленген мерзімде төлемеген ақшалай сомасы бар жеке немесе заңды тұлға.*

**ДЕПОЗИТОРЛЫҚ** сын. экон. *Депозиторға тән, депозиторға қатысты.*

**Депозиторлық шарт.** экон. *Инвестициялық қормен депозитарий арасында жасалатын шарт.*

**ДЕПОЗИТТІ** сын. экон. *Депозиті бар, депозит қатысқан.*

**Депозитті сақтандыру.** *Банк жүзеге асыратын сақтандыру түрі.*

**ДЕПОЗИТТІК** сын. экон. *Депозитке тән, депозитке қатысты.*

**Депозиттік банктер.** экон. *Негізінен салым түрінде алынатын ресурстар есебінен пайдаланушылармен ақша операцияларын жүргізетін банктер.* **Депозиттік институттар.** экон. *Халықтан салымдар қабылдайтын коммерциялық банктер мен жинақ ақша мекемелері кіретін делдалдары.* **Депозиттік операция.** экон. *Несие мекемелерінің пассив операцияларының негізгі түрі.* **Депозиттік пайыздың мөлшерлемесі.** экон. *Банкке депозит салған салымшыға төленетін банк пайызы.* **Депозиттік сертификат.** экон. *Ақшалай қаражат салымы туралы эмитент-банктің жазбаша құжаты.*

**ДЕПОЛИМЕРЛЕНУ** зат. хим. *Мономер молекуласының негізгі тізбектің соңынан біртіндеп үзілуінен макромолекуланың ыдырауы.*

**ДЕПОНЕНТ** [лат. deponens] зат. экон. *Несие мекемесінің депозитіне құнды заттарын (ақша, бағалы қағаздар т.б.) салған жеке немесе заңды тұлға.*

**ДЕПОРТ** [франц. deport] зат. экон. *Бағамдық айырма алу мақсатында бағалы қағаздар бағасын төмендету есебімен жасалынған биржадағы алыпсатарлық мәміле.*

**ДЕПОРТАЦИЯ** [лат. deportatio] зат. заң. *Кейбір мемлекеттерде авторитарлық саяси режімдер кезінде орын алған заңсыз жер аудару шаралары.*

**ДЕПОШЫ** зат. *Депода жұмыс істейтін адам.*

**ДЕПРЕССИЯ**[1] [лат. depressio] зат. экон. *Өндірістің құлдырау кезеңінен кейін болатын экономикалық айналсоқпа кезеңі.*

**ДЕПРЕССИЯ**[2] [лат. depressio] зат. **1.** мед. *Жүйке жүйесінің ауруына байланысты адамдағы психикалық күй, дерт.* **2.** вет. *Мал шаруашылығында туыстас төлдерді будандастыру кезеңінде жануарларға берілетін әсер.*

**Депрессия қисығы.** су. *Жерасты суларының деңгейін күрт төмендеткенде қалыптасатын депрессиялық бетті тік жазықтықпен ағын бағыты бойынша қиып өткенде шығатын қисық сызық.* **Депрессия шұңғымасы.** су. *Су тарту пунктіне қарай (ұңғымаға, құдыққа, шахтаға және т.б.) төмендей беретін орынды сулардың пьезометрлік немесе орынсыз грунт суларының ашық, еркін беті.*

**ДЕПРЕССИЯ**[3] зат. геол. *Геоморфология деңгейінен төмен жатқан шұңғымалар мен қазан шұңқырлар.*

**ДЕПРЕССИЯЛЫҚ** сын. мед. *Депрессияға қатысты, депрессияға тән.*

**ДЕПУТАТ** [лат. deputatus] зат. қоғ. *Халық сенім білдіріп, сайланатын жоғарғы және жергілікті билік органының мүшесі, өкіл.*

**Депутат иммунитеті.** заң. *Депутат тұлғасына қол сұқпаушылық.* **Депутаттар корпусы.** қоғ. *Депутаттардың түгел құрамы.*

**ДЕПУТАТСЫЗ** сын. қоғ. *Депутаты жоқ, депутат қатыспаған.*

**ДЕПУТАТТЫҚ**[1] зат. *Жоғарғы және жергілікті өкілдік билік.*

**ДЕПУТАТТЫҚ**[2] сын. *Депутатқа тән, депутатқа қатысты.*

**Депутаттық бірлестіктер.** қоғ. *Бірлесіп жұмыс істеу мақсатында Парламент депутаттарынан фракция, топ түрінде құрылатын бірлестіктер.* **Депутаттық мәлімдеме.** қоғ. *Депутаттың ішкі не сыртқы саясаттағы белгілі бір мәселелер туралы сөзі.* **Депутаттық сауал.** қоғ. *Депутаттың үкіметтен, мемлекеттік органдардың лауазымды басшыларынан ішкі және сыртқы саясаттағы мәселелерге қатысты не нақты бір іс-шараларына байланысты түсінік беруді талап етуі.*

**ДЕПУТАЦИЯ** [лат. deputatio] зат. *Ұйым, мекеме атынан құзырлы орындарға мұқтажын жеткізу үшін өкілеттілік түрінде сайланған адамдар тобы.*

**ДЕР**[1]**: дер кез [сәт, шақ].** *Дәл уақыты, қызған кезі, сәті.*

**Дер кезінде.** *Өз уақытында, дәл шағында.*

**ДЕР**[2] зат. жерг. ***Дере.***

**ДЕРАТИЗАЦИЯ** [франц. deratisation] зат. биол. *Індет ауруларын таратватын кеміргіштерді (егеуқұйрық, тышқан т.б.) құртуға арналған іс-шара.*

**ДЕРБЕС** сын. *Жеке-дара, бөлек, тәуелсіз.*

**Дербес алтын.** кен. *Өзге элементтермен (күмістен басқа) химиялық тұрғыдан байланыспаған, сол сияқты құрамында өзге минералдар ұсақ дисперсиялы кірікпелер түрінде де ұшыраспайтын алтын.* **Дербес бағдарлама.** инф. <ағыл. stand-alone program> *Компьютер жадына жүктелетін және дербес орындалатын жүктемелік модуль түріндегі бағдарлама.* **Дербес блок.** инф. <ағыл. stand–alone block> *Есептеуіш жүйеден тәуелсіз пайдаланылатын блок.* **Дербес ғылым саласы.** *Жеке, өз алдына бөлінген, нысаны бөлек ғылым саласы.* **Дербес емес жүйе.** инф. <ағыл. on–line system> *Сыртқы әсерлердің айнымалыларының ықпалында болатын және уақыт бойынша айнымалы параметрлермен сипатталатын динамикалық жүйе.* **Дербес емес режім.** инф. <ағыл. on–line mode> *Шалғай құрылғының немесе қосақталған компьютердің жұмыс режімі.* **Дербес жад.** инф. <ағыл. off–line storage> *Өзіне орталық процессор тарапынан тікелей қатынас құруға рұқсат етпейтін жад.* **Дербес жүйе.** инф. <ағыл. personal system> *Қызметтік сипаттамасы бір адамға ғана арналған қолданбалы жүйелерді құруды жасақтайтын дербес компьютер.* **Дербес зейнетақы.** *Мемлекетке сіңірген айрықша еңбегі үшін тағайындалатын арнаулы төлемақы.* **Дербес зейнеткер.** *Арнаулы зейнетақы алатын адам.* **Дербес компьютер.** инф. <ағыл. personal computer> *Жеке пайдаланушыларға арналған кіші өлшемді және бағалы, әмбебап микрокомпьютер.* **Дербес компьютерлер желісі.** инф. <ағыл. personol computer network> *Белгілі бір шағын аймақта орналасқан және мәліметтерді жеткізу желілері арқылы өзара байланысқан дербес компьютерлер тобы.* **Дербес компьютердің жергілікті есептеу желісі.** инф. <ағыл. personal local area network> *Бір немесе қатар тұрған бірнеше ғимаратта орналасқан компьютерлер немесе басқа да электрондық құрылғылар арасында мәлімет алмасуды қамтамасыз ететін есептеу желісі.* **Дербес компьютерлердің үйлесімділігі.** инф. *Белгілі бір есептеу машинасында басқа текті компьютерлерге арналып жазылған, сол машиналарда қолданылып жүрген бағдарламаны пайдалану мүмкіндігі.* **Дербес қорғаныш картасы.** инф. <ағыл. personal security card> *Дербес компьютерге рұқсатсыз қатынас құрудан қорғаудың ақпараттық жүйесі.* **Дербес қысым.** <лат. partialis> физ. *Газ құрауыштың біреуі барлық қоспа көлемін алған кезде түсетін идеал газ қоспасын құрауыштың қысымы.* **Дербес мәліметтер базасы.** инф. <ағыл. personol (private) database> *Бір ғана*

*пайдаланушы әрекеттесетін мәліметтер базасы.* **Дербес микрокомпьютер.** инф. <ағыл. personol microcomputer> *Аса ірі машиналармен байланысы жоқ, жеке адамдардың пайдалануына арналған есептеуіш жүйе.* **Дербес парақша.** ресми. *Мекемелердегі қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбек жолы, отбасы және марапаттаулары туралы ақпараттар жазылатын жеке басына қатысты парақша.* **Дербес пән.** *Арнаулы, жеке, бөлек пән.* **Дербес сату.** экон. *Тауарлар мен қызметтерді өткізу жолының бір бөлігі.* **Дербес сөз.** лингв. *Нақты лексикалық мағынасы бар сөздер.* **Дербес тариф.** экон. *Кеден тарифінің түрі.* **Дербес шот [есепшот].** экон. *Банкте жеке адамға бөлек ашылған есептесу жүйесі.*

**ДЕРБЕСТЕЛ=** ет. *Жіктелу, саралану.*

**ДЕРБЕСТІК** зат. *Жекелік, даралық.*

**ДЕРБЕСТІЛІК** зат. сөйл. ***Дербестік.***

**ДЕРБЕСШІЛДІК** зат. *Дербес саясат жүргізуге тырысушылық.*

**ДЕРГЕЙ** зат. діни. *Құдірет, күш, әмір.*

**ДЕРЕ**[1] зат. этн. **1.** *Мал суарылатын науаны көтеріп тұратын төрт қазық тағалы қондырғы.* **2.** *Құдыққа бораған құм, шөп-шалам түспес үшін айнала биік етіп топырақтан жасалған қорған.*

**ДЕРЕ**[2] зат. *Арна, аңғар.*

**ДЕРЕ**[3] зат. *Белгілі бір мерзім, аралық, мөлшер.*

**ДЕРЕ**[4] зат. *Ат байлайтын діңгек, мама ағаш.*

**ДЕРЕВНЯ** ор. зат. *Ресей жеріндегі отырықшы мекен, қыстақ, ауыл.*

**ДЕРЕДЕЙ** сын. *Дере сияқты, дере тәрізді.*

**ДЕРЕЙ=** ет. сөйл. *Серею, теңкию.*

**ДЕРЕК** зат. **1.** *Хабар-ошар.* **2.** *Ізденіс нәтижесінде табылған мәліметтер, зерттелетін, суреттелетін оқиғалар дәйегі.* **3.** <лат. factum>. *Дәлел, айғақ.* **4.** инф. *ЭЕМ-дерде сақталатын мәлімет.* **5.** ауыс. *Із, белгі.*

**Деректер базасы.** инф. *ЭЕМ-нің жадындағы немесе сақтағыштағы (магнитті таспалардағы, дискеттердегі, ықшам дискілердегі) ақпарат жазбаларының жиынтығы.* **Деректер банкі.** инф. жаңа. *Қолданылу ортақтығы бойынша бірнеше дерекқор бір жерге біріктіріліп сақталып, оларды ұжымдық негізде пайдалануға мүмкіндік беретін, автоматтандырылған ақпараттық жүйе.* **Деректер жинақтамасы.** инф. ***Дерекқор.***

**ДЕРЕККӨЗ** зат. *Мәлімет, ақпарат алынатын орын.*

**ДЕРЕКҚАП** зат. инф. жаңа. <ағыл. file> *Сыртқы жадқұрылғыларында орналасатын, жеткізу, өңдеу кезінде бөлінбейтін, біртұтас қарастырылатын жазбалар тізбегі, файл.*

**ДЕРЕКҚОР** зат. жаңа. *Ұзақ мерзімге сақтауға, өңдеуге және күнделікті қолдануға арналған деректердің (мәліметтердің) реттелген жиынтығы.*

**ДЕРЕКНАМА** зат. *Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүние, ескерткіш.*

**ДЕРЕКНАМАЛЫҚ** сын. *Дерекнамаға тән, дерекнамаға қатысты.*

**ДЕРЕКСІЗ** сын. есім. **1.** *Хабарсыз, хабар-ошарсыз.* **2.** *Айғақсыз, дәлелсіз.* **3.** лингв. *Заттың өзіне тән қасиеттері мен белгілерін нақты білдірмей, мағынасы адамның ақыл-ойы арқылы жалпыланып жинақталып, дерексізденетін ұғым сөз.*

**ДЕРЕКСІЗДІК** зат. терм. <лат. abstractio> *Айғақсыздық.*

**ДЕРЕКТАНУ** зат. жаңа. *Тарихи деректер, олардың ашылуы, зерттелуі және қолданылуының теориясы мен тәжірибесі туралы ғылым.*

**ДЕРЕКТЕ=** ет. *Анық-қанықтығына жету, айқындау, дәйектеу.*

**ДЕРЕКТЕМЕ** зат. *Бір нәрсе туралы нақтылы мәлімет.*

**ДЕРЕКТЕМЕЛІК** сын. *Деректемеге қатысты, деректеме болатындай.*

**ДЕРЕКТЕС=** ет. *Өзара айтысып, кінәласу, дәлел келтірісу.*

**ДЕРЕКТЕСУ** *Деректес етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕРЕКТІ** сын. есім. **1.** *Нақтылы, негізді, дәйекті.* **2.** *Анық, айқын, дәл.*

**Деректі проза.** *Белгілі тарихи оқиға туралы жазылған көркем шығарма.* **Деректі фильм.** *Суреттелетін оқиғасы нақты фактілер негізінде түсірілген, келелі тақырыпты қозғайтын фильм.*

**ДЕРЕКТІЗБЕК** зат. геол. *Геологиялық барлау қазындыларын, сынамаларды, ұлгілерді және т. б. сипаттайтын мағлұматтар тізбегі.*

**ДЕРЕКТІЛІК** зат. *Дерекке сүйенушілік, нақтылық, шынайылық.*

**ДЕРЕКШІЛ** сын. *Дерекке сүйеніп айтуды, жазуды ұнататын (адам).*

**ДЕРЕУ** үст. *Тез, жылдам, шапшаң, лезде.*

**ДЕРЖАВА** ор. зат. саяси. *Ықпалды, айбынды, күшті мемлекет.*

**ДЕРЖАВАЛЫҚ** сын. *Державаға тән, державаға қатысты.*

**ДЕРИВАТ** [лат. derivatus] зат. геол. *Петрологияда магмалық балқыманың жіктелуі нәтижесінде пайда болатын таужыныс түрі.*

**ДЕРКҮМӘН** сын. *Күмәнді, түсініксіз, белгісіз.*

**ДЕРЛІК** сын. **1.** *Түгелге жуық.* **2.** *Айтуға тұрарлық, айтарлық, көз тартарлық.*

**ДЕРЛІКТЕЙ** үст. **1.** *Айтарлықтай, айтуға боларлықтай.* **2.** *Көлемінде, мөлшерінде.*

**ДЕРМА** [грек. derma] зат. биол. *Жануарлар терісінің нағыз тері қабаты.*

**ДЕРМАНТИН** [грек. derma] зат. *Былғары тәріздендіріліп жасалған материал, жасанды былғары.*

**ДЕРМАТИТ** [грек. derma (dermatos)] зат. мед. *Қабынуға ұшыраған тері ауруы.*

**ДЕРМАТОЛОГ** зат. мед. *Дерматология маманы.*

**ДЕРМАТОЛОГИЯ** [грек. derma (dermatos) – тері, logos – ілім] зат. мед. вет. *Адам мен жануарлардың тері жабыны туралы ілім.*

**ДЕРМАТОМ**[1] [грек. derma – тері, tomeo – бөлік] зат. биол. *Дорсаольды мезодерма, сомиттің тері дермасы (нағыз тері қабаты) дамып жетілетін сыртқы қабаты.*

**ДЕРМАТОМ**[2] зат. мед. *Денеден тері кесіп алуға арналған құрал.*

**ДЕРМАТОМИКОЗ** [грек. derma – тері, mykes – саңырауқұлақ] зат. *Балық терісінің шіріп ауруы.*

**ДЕРМЕНЕ** зат. өс. <лат. artemisia cina> *Биіктігі 20-30 см шамасында болатын күрделігүлділер тұқымдасына жататын шала бұта.*

**Дермене жусан.** *Оңтүстік Қазақстанда өсетін жусанның түрі; дермене.*

**ДЕРМЕНЕЛІ** сын. *Дермене өсетін, дерменесі бар.*

**ДЕРМЕНТИН** зат. сөйл. ***Дермантин.***

**ДЕРМЕНШІ** зат. сөйл. ***Диірменші.***

**ДЕРМИАН** сын. жерг. *Қиын-қыстау.*

**ДЕРМИЯНДЫ** сын. *Айнымас, талай сыннан өткен.*

**ДЕРМОХЕЛИС** зат. зоол. *Жылан жейтін тасбақа.*

**ДЕРНАУТ** зат. балықшар. *Толқыны қатты мұхиттарда жүретін күшті кемелер.*

**ДЕРНӘСІЛ** зат. биол. *Көптеген омыртқасыз және кейбір омыртқалы жануарлардың (балықтар мен қосмекенділер) ұрықтан кейінгі жекелей даму кезеңі.*

**ДЕРТ** [ар. درد] зат. **1.** *Ауру, індет, кесел.* **2.** ауыс. *Қайғы, қасірет, уайым.* **3.** ауыс. *Кесір, қырсық.* **4.** ауыс. *Өзіне тән қасиет, ерекшелік.*

**Дерт алды.** *Ауруға душар болды.* **Дерт жамады.** *Ауруы асқынды, күшейді.* **Дерт жеңді.** *Ауру меңдеді, күшейді.* **Дертке дауа [дәрмен, ем].** *Жанға, ауру-сырқауға шипа.* **Дертке дауа етпеді.** *Ауруына ем болмады, аурудың беті қайтпады.* **Дертке дауа іздеді.** *Ауруына ем іздеді.* **Дертке дәрмен болды.** *Ауру-сырқауға, жанға шипа болды.* **Дертке дерт қосты [жамады].** *Ауруға ауру үстеді, ауруы асқынды.* **Дертіне күйді.** *Уайымдады, қайғысына өртенді.* **Дертке Дертке ұшырады.** *Ауруға шалдықты, кеселді болды.* **шалдықты.** *Ауруға душар болды, сырқаттанды.* **Дертке шалдықтырды.** а) *Ауруға душар етті.* ә) *Қайғы-қасірет, уайым шеккізді.* **Дертпен алысты.** *Аурумен күресті.* **Дерт кеуледі.** *Ауру меңдеді.* **Дерт күйдірді.** поэт. *Уайымға салды, қайғыға батырды.* **Дерт қозғалды.** *Ауруы асқынды, күшейді.* **Дерт қысты.** *Ауруы асқынды, меңдеді.* **Дерт салды.** *Жанын жаралады, көңілін қалдырды.* **Дерт түсті.** *Қайғылы болды, уайымға батты.* **Дертті қашырды.** *Сырқаттан жазды, сауықтырды.* **Дерт шалды.** *Ауруға шалдықты, ұшырады.* **Дерті артты.** *Уайымы, шері күшейді.*

**ДЕРТ-ДЕРБЕЗЕ** зат. *Ауру-сырқау, індет, көлденеңнен келген ауыртпалық.*

**ДЕРТ-ДЕРМЕН** зат. *Ауру, сырқат.*

**ДЕРТЕ** зат. *Арбаның жетегі, тәрте.*

**ДЕРТЕДЕЙ-ДЕРТЕДЕЙ** сын. есім. *Дерте сияқты, ұзын-ұзын.*

**ДЕРТ-ЖАРА** зат. поэт. *Іштегі қайғы, қасірет.*

**ДЕРТ-КЕСЕЛ** зат. поэт. ***Қайғы-мұң.***

**ДЕРТМЕНДІ** сын. көне. *Дертті, сырқат, ауру.*

**ДЕРТ-МҰҢ** зат. поэт. *Үміт-арман, мұңмұқтаж.*

**ДЕРТСІЗ** сын. есім. *Ауру-науқастан ада, уайым-қайғысыз.*

**ДЕРТТЕ=** ет. *Қайғы әкелу, қасіретке ұшырату.*

**ДЕРТТЕЙ** сын. *Дерт сияқты, дерт тәрізді; аурудай.*

**ДЕРТТЕН=** ет. **1**. *Ауруға шалдығу, дертке ұшырау.* **2.** ауыс. *Жүрекке жара түсу, қайғылану, қиналу.*

**ДЕРТТЕНГІШ** сын. *Ауруға бейім, аурушаң.*

**ДЕРТТЕНДІР=** ет. *Дертке ұшырату, ауруға шалдықтыру.*

**ДЕРТТЕНУ** ет. *Дерттен етістігінің қимыл атауы; ауруға шалдығу.*

**ДЕРТТІ** сын. **1.** *Аурулы, науқасты, сырқатты.* **2.** ауыс. *Қайғылы, қасіретті.*

**Дертті болды.** а) *Ауруға шалдықты, сырқаттанды.* ә) *Қайғыға батты, шерлі болды.* **Дертті жан.** *Уайым-қайғысы көп, жаны жаралы адам.*

**ДЕРІТ=** ет. **1**. *Терту, сыздау.* **2.** ауыс. *Пісіп жетілу, толысу.*

**ДЕС:**[1] **дес бергенде.** *Сәтін салғанда, Құдай оңдағанда.*

**Дес берді.** *Айтқанға көнді, ерік берді.* **Дес бермеді [берер емес].** а) *Бой бермеді, көнбеді.* ә) *Алдына жан салмады, есесін жібермеді.* **Дес етті.** *Міндет етті, міндетсінді.* **Дес көрді.** *Таяныш, тірек етті.* **Дес қойды.** *Ден қойды; көңіл аударып, ықылас қойды.* **Дес сүйді.** *Сүйсінді, құштарлана сүйді.* **Дес тиді.** *Есесін, теңдігін алды.* **Десі жүрді.** *Әмірі жүрді, билігі жүрді, құдіреті жүрді.* **Десі қайтпады.** *Беті қайтпады, тауы шағылмады.* **Десі қайтып қалды.** *Жігері мұқалды, беті қайтты.* **Десін қайырды.** *Көңілін басты, жасытты.*

**ДЕС**[2] зат. көне. *Қол ұшын беретін адам, сүйеуші, қолдаушы.*

**ДЕС=** ет. *Сөйлесу, пікір алысу, бір хабарды ортақтаса бөлісу.*

**ДЕСАНТ** [франц. descente] зат. әск. *Жау тылында соғыс қимылдарын жүргізу үшін арнайы жауынгерлік дайындықтан өткізілген әскер түрі.*

**ДЕСАНТТЫҚ** сын. *Десантпен байланысты.*

**Десанттық бот.** *Өздігінен жүретін, жағаға жақын жүруге ыңғайлы, болаттан жасалған ашық кеме.*

**ДЕСАНТШЫ** зат. әск. *Десанттың құрамындағы әскери қызметкер.*

**ДЕСБІ** зат. сөйл. ***Тасбиқ.***

**ДЕСЕРТ** [франц. dessert] зат. *Тамақтың соңынан берілетін жеміс, тәтті тағамдар, тоқбасар.*

**ДЕСЕРТТІ** сын. есім. *Тәтті, дәмді.*

**ДЕСИКАЦИЯЛАУ** [лат. desiccare]= ет. бот. *Арнайы химиялық қосылыстардың әсерімен өсімдіктің жерүсті мүшелеріндегі су мөлшерін азайтып, дәннің пісіп-жетілуін жеделдету; өсімдіктерді құрғату, кептіру, қақтау.*

**ДЕСКВАМАЦИЯ** [лат desquamare] зат. геол. *Температураның күрт ауытқуларына байланысты таужыныстардың қабыршықтануы және оның сыпырылуы.*

**ДЕСКРИПТИВТІ** сын. лингв. *Тілдің синхронды күйін сипаттайтын.*

**ДЕСКРИПТОР** [ағыл. descriptor] зат. инф. *Құжаттарды, ақпараттық мәліметтерді және т.б. іздестіру кезінде оларды топтарға бөлу, жіктеу, индекстеу үшін пайдаланылатын жасырын, түйінді сөз немесе сөз тіркесі.*

**ДЕСМУРГИЯ** зат. *Жарақаттанған жерді таңу туралы, сондай-ақ, осы мақсатпен қолданылатын заттар туралы ілім.*

**ДЕСОРБЦИЯ** [лат. de – ажырау, sorbere – жұту] зат. геол. *Минерал не адсорбцияланған затты екінші бір химиялық қосылыспен өңдеп суға шығару процесі.*

**ДЕСПОТИЗМ** [грек. despoteia] зат. қоғ.-саяси. **1.** *Жеке адамның дара әкімшілігіне негізделген өкімет жүйесі.* **2.** *Қоғам мүшелерінің, мемлекеттегі басқа да субъектілердің ерік-жігері мен құқықтарын басып-жаншып, дөрекі де қатал тәсілдермен, озбырлықпен, зорлық-зомбылықпен басқаруға негізделген шектеусіз биліктің түрі.*

**ДЕСТЕ**[1] [ир. دسته] зат. **1.** *Орылған егіннің бір бумасы, бауы.* **2.** *Буда, шоқ.* **3.** *Бірдей етіп текшеленген зат қабаты, қатар.* **4.** инф. <ағыл. packet>. *Желі арқылы тасымалданатын мәліметтерді сипаттайтын жалпы аталым.* **5.** ауыс. *Жырдың (әннің), сөздің түйдегі.*

**Десте беру.** этн. *Егін орып жатқанда келген адамдарға егіннен сый беру, сыбаға беру салты.*

**ДЕСТЕ**[2]**: десте бермеді [бере қоймады].** сөйл. ***Дес бермеді.***

**ДЕСТЕДЕЙ** сын. *Десте көлеміндей, бір құшақ.*

**ДЕСТЕ-ДЕСТЕ** сын. **1.** *Топ-топ, бума-бума, құшақ-құшақ.* **2.** ауыс. *Бірінен кейін бірі, тоқтаусыз, түйдек-түйдек.*

**ДЕСТЕЛЕ=** ет. **1.** *Десте-десте етіп буу, баулау.* **2.** *Шашты десте-десте етіп өсіру.* **3.** *Текшелеу, қабаттау.* **4.** ауыс. *Рет-ретімен, жүйелеу.*

**Дестелеп соқты.** жерг. *Бірінің артынан бірін айтты, үсті-үстіне төпеледі.*

**ДЕСТЕЛЕГІШ** зат. *Бума-бума етіп байлағыш құрал.*

**ДЕСТЕЛЕН=** ет. *Бөлек-бөлек, жал-жал болып орналасу.*

**Дестеленген кескін.** инф. <ағыл. image pack>. *Мұрағаттық файлға жазылған (қысылған) файл.* **Дестеленген пішім.** инф. <ағыл. packed format>. *Ондық сандарды компьютердің жадына ұсыну тәсілі.*

**ДЕСТЕЛЕУ** ет. *Дестеле етістігінің қимыл атауы; баулау, қатар-қатар жинап, орналастыру.*

**ДЕСТЕЛЕУЛІ** сын. *Қатар-қатар қойылған, орналастырылған; жинаулы.*

**ДЕСТЕЛЕУІШ** зат. тех. *Егінді дестелеп жинағыш.*

**ДЕСТЕЛІ** сын. **1.** *Қаттаулы, топ-топ, қабат-қабат.* **2.** ауыс. *Кестеге салынған, жоспарланған.* **3.** ауыс. *Шумақты.*

**ДЕСТЕНУ=** ет. *Өзін-өзі зор түту.*

**ДЕСТИЛДЕН=** ет. ***Дистилден.***

**ДЕСТИЛЯЦИЯЛАН=** ет. хим. ***Дистиляциялан.***

**ДЕСТРУКЦИЯ** [лат. destructio] зат. хим. *Нәрсенің қалыпты құрылымының бұзылуы.*

**ДЕСТІК: дестік бермеді.** сөйл. *Жеңістік бермеді, дес бермеді.*

**ДЕСУ** *Дес етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕСУЛІ** сын. сөйл. *Делінген, дескен деген сөздер.*

**ДЕСУБЛИМАЦИЯ** зат. физ. *Заттың бу күйінен тікелей қатты күйге ауысуы; сублимацияға қарсы үдеріс.*

**ДЕСЯТИНА** ор. зат. *Ресейдегі 1,09 га-ға тең жер аумағын білдіретін өлшем бірлік.*

**ДЕСЯТИНАДАЙ** сын. *Десятина мөлшеріндей, десятина көлеміндей.*

**ДЕСЯТНИК** ор. зат. *Он жұмысшының бастығы, онбасы.*

**ДЕТАЛЬ** [франц. detail] зат. тех. **1.** *Мәшиненің, тетіктің, құрал-жабдықтың ұсақ бөлшегі.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің я құбылыстың егжей-тегжейі, нақты жеке тұстары.*

**ДЕТАЛЬДЫ** [франц. detaille] сын. *Толық, егжей-тегжейлі.*

**ДЕТЕКТАФОН** зат. тех. *Жасырын микрофоны бар, әңгімелерді жасырын тыңдауға арналған құрылғы.*

**ДЕТЕКТИВ** [ағыл. detective] зат. **1.** әдеб. *Қылмысты, шытырман оқиғаларға құрылған шығарма.* **2.** құқық. *Қылмысты оқиғаларға тексеру жүргізетін маман, ізкесуші.*

**ДЕТЕКТИВТІ** сын. есім. *Қылмысты, шытырман оқиғалы.*

**ДЕТЕКТОР** [лат. detector] зат. **1.** тех. *Радиоқабылдағышта жоғарғы жиіліктің даусыс құбылтатын тербелісін төменгі жиілікке түсіретін аспап.* **2.** физ. *Радиоактивті не жылулық сәулелерді, сондай-ақ әртүрлі бөлшектерді (мыс., бета бөлшектер, нейтрондар, протондар, т.б.) тіркеуге арналған физикалық құрал.* **3.** заң. *Тергелушінің психикалық күйін тексеру арқылы жалған ақпаратын әшкерелейтін құрал, тәсіл.*

**ДЕТЕКТОРЛАУ** [лат. detectio] зат. *Электр тербелісін жиілігі бұдан төмен болатын электр тербелісіне немесе тұрақты токқа түрлендіру үдерісі.*

**ДЕТЕКТОРЛЫ** сын. *Детекторы бар, детектор орнатылған.*

**ДЕТЕРГЕНТ** зат. биол. *Беттік байланысу белсенділігі жоғары қосылыстар.*

**ДЕТЕРМИНАТТАНУ=** [лат. determinatio]. ет. биол. *Даму сатысындағы ағза мүшелері мен ұлпаларының морфологиялық қалыптасуы (морфогенезі); дамып келе жатқан ағзаның өзіне тән ерекшеліктерінің жіктеліп анықталуы.*

**ДЕТЕРМИНИЗМ** [лат. determinare] зат. филос. *Өмірде кездесетін құбылыстардың сабақтастығы мен шарттылығы туралы ілім.*

**ДЕТЕРМИНИЗМДІК** сын. филос. *Детерминизмге тән, соған қатысты.*

**ДЕТОНАТОР** [франц. detoner – жару, қопару, лат. detone – тарсылдаймын, күрсілдеймін] зат. **1.** физ. *Жарылысты іске асыратын тетік, оталдырғыш құрал.* **2.** ауыс. *Адамның көңіліне келетін жанды жері.*

**ДЕТОНАЦИЯ** [лат. detonare] зат. *Қопарғыш заттардың басқа дененің (детонатордың) әсерінен үлкен энергия бөле отырып, өте шапшаң түрде химиялық түрленуі.*

**ДЕТОНИТ** зат. геол. *Құрамында 15%-ға дейін нитроэфирлер, тринитротолуол мен алюминий ұнтағы бар, аммиак селитрасы негізіндегі жарылғыш заттар.*

**ДЕТОНОМЕТР** зат. тех. *Іштен жанатын қозғалтқыштардағы детонация құбылыстарын хабарлайтын аспап.*

**ДЕТРИТ** [лат. detritus] зат. биол. *Бірбірімен жымдасқан, ал кейде босаң күйде ұшырасатын әртүрлі жәндік және өсімдік қалдықтарының сынықшаларынан тұратын түйірлер.*

**ДЕТРИТТІК** сын. *Детритке тән, детритке қатысты.*

**ДЕУ** ет. *Де етістігінің қимыл атауы, деп айту.*

**ДЕУШІ** зат. *Айтушы, әңгімелеуші, сөйлеуші.*

**ДЕУШІЛІК** зат. *Сөйлеушілік, айтушылық.*

**ДЕФАКТО** зат. саяси. *Бір мемлекетті немесе үкіметті екінші мемлекеттің мойындауының бір түрі.*

**ДЕФЕКТАЦИЯ** [лат. defectus] зат. әск. *Әскери техниканың агрегаттары мен бөлшектерінің бұзылған жерін табу, олардың техникалық жағдайын және одан әрі қолдануға жарамдылығын айқындау үдерісі.*

**ДЕФЕКТОЛОГ** зат. *Дефектология маманы.*

**ДЕФЕКТОЛОГИЯ** [лат. defectus – жетімсіздік және грек. logos – ілім] зат. пед. *Көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін педагогика саласы.*

**ДЕФИБРЕР** [франц. defibreur] зат. тех. *Айнымалы абразивті таспен үйкеу арқылы ағаш сүрегі массасын дайындайтын мәшине.*

**ДЕФИЛЕ** [франц. defile] зат. *Табиғи жер жолағы арқылы өтетін тар өткел.*

**ДЕФИС** [лат. divisio] зат. лингв. *Қос сөздің аралығына қойылатын сызықша.*

**ДЕФИЦИТ** [лат. deficit] зат. **1.** *Бір нәрсенің зәру болуы, жетіспеуі.* **2.** экон. *Мемлекетте, шаруашылықта шығыстың кірістен асып кетуі.*

**ДЕФЛЕКТОР** [лат. deflectere] зат. тех. *Түрлі мәшиненің ақау, кемістігін анықтайтын аспап.*

**ДЕФЛЕКТОРЛЫ** сын. тех. *Дефлекторы бар, дефлектор орнатылған.*

**ДЕФЛЯТОР** [ағыл. deplator] зат. экон. *Белгілі бір (базистік) кезеңде бағадағы құндық көрсеткіштерді қайта есептеу кезінде пайдаланылатын баға индексі.*

**ДЕФЛЯЦИЯ**[1] [лат. deflatio] зат. экон. *Тұтынумен салыстырғанда артық ақшаның бір бөлігін алу жолымен айналасындағы ақша массасын азайту.*

**ДЕФЛЯЦИЯ**[2] зат. геол. *Желдің күйретуші әрекеті; үгілген ұсақ таужыныстардың (шаң, құм) желмен ұшырылуы.*

**ДЕФЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. *Дефляцияға тән, дефляцияға қатысты.*

**ДЕФОЛИАНТТАР** [лат.de – жоқ, жою, folium – парақ] зат. хим. *Өсімдіктен жапырақтарды түсіретін химиялық зат.*

**ДЕФОЛИАЦИЯЛА=** ет. *Арнайы химиялық қосылыстардың әсерімен өсімдіктің жапырағын түсіру.*

**ДЕФОЛИАЦИЯЛАУ** ет. *Дефолиацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕФОЛТ** [ағыл. default] зат. қаржы. *Мемлекет азаматтарының жинаған ақшаларының жоғалуына әкелетін қаржы дағдарысы, күйреу.*

**ДЕФОРМАЛАНУ** [лат. deformatio] зат. физ. *Денелердің сыртқы күштің әсері, температура мен ылғалдылықтың өзгеруі т.б. нәтижесінде пішіні мен мөлшерінің өзгеруі.*

**ДЕФОРМАЦИЯ** [лат. detormatio] зат. физ. *Сыртқы күштің әсерінен болған өзгеріс.*

**ДЕФОРМАЦИЯЛАН=** ет. физ. *Әуелгі қалыптан өзгеру, бұзылу.*

**ДЕФОРМАЦИЯЛАНУ** *Деформациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЕФОРМАЦИЯЛАУ** зат. физ. *Деформалану.*

**ДЕЦИБЕЛ** зат. физ. *Акустикада дыбыс қысымы деңгейінің бірлігі.*

**ДЕЦИБЕЛДІК** сын. есім. физ. *Децибелге тән, децибелге қатысты.*

**ДЕЦИМАЦИЯ** зат. **1.** *Бұрынғы кезде он адамнан бір адамды жеребемен жазалау.* **2.** *Кінәлілердің ішінен әрбір оныншы адамды айыптау.*

**ДЕЦИМЕТР** [лат. decem – он, грек. metron – өлшем, metreo – өлшеймін] зат. *10 см-ге тең ұзындық өлшем.*

**ДЕЦИМЕТРЛІК** сын. есім. *Дециметрге тең.*

**ДЕШИФРАТОР** [франц. dechiffrer] зат. инф. **1.** *Хабарды (сигналды) автоматты түрде кері шифрлауға арналған құрылғы.* **2.** әск. *Байланыста, ұшақтарда, телебасқаруда тек дұрыс кодталған сигналдар мен пәрмендерді қабылдауға, сондай-ақ оларды ракетаның, ұшақтың атқарушы органдарына әсер ететін сигналдарға айналдыруға арналған құрал.*

**ДЕ-ЮРЕ** [лат. de jure] зат. саяси. *Бір мемлекетті немесе үкіметті өзге мемлекеттің ресми түрде толық мойындауы.*

**ДЖАЗ** [ағыл. jazz] зат. муз. *Үрмелі, ұрмалы және шуылды аспаптардан құралған оркестрге арналған еуропалық және африкалық музыканың тоғысуынан пайда болған музыка жанры.*

**ДЖАЙНИЗМ** зат. филос. *Б.з.б. VI ғасырда Үндістанда пайда болған діни-философиялық ілім.*

**ДЖАКУЗИ** [ағыл. jacuzzi] зат. *Гидромассажы бар арнайы ванна.*

**ДЖЕК-ПОТ** [ағыл. jackpot] зат. *Лотореядағы ең ірі ұтыс (ұтылып қалған тігістер есебінде өсетін жаңа тігістің жалпы сомасы).*

**ДЖЕМ** [ағыл. jam] зат. тамақ. *Әртүрлі жемістерден қант қосылып қайнатылған тосап.*

**ДЖЕМСОНИТ** зат. кен. *Сульфидтер класының минералы.*

**ДЖЕНТЕЛЬМЕН** [ағыл. gentleman] зат. *Көргенді, тәрбиелі, әдепті ер адам.*

**ДЖЕНТРИ** зат. *Англиядағы ұсақ имениелі дворяндар.*

**ДЖЕРСИ** зат. *Жүннен я жібектен тоқылған материал, одан тігілген жеңіл киім.*

**ДЖЕСПИЛИТ** [ағыл. jasper – яшма, грек. lithos – тас] зат. геол. *Шөгінді немесе жанартаутекті шөгінді, кварц-темірлі тау жынысы.*

**ДЖИГА** зат. *Ирланд биі, оның музыкасы.*

**ДЖИН**[1] зат. тех. *Мақтаны шитінен (дәнінен) ажырататын мәшине.*

**ДЖИН**[2] зат. *Арша жидегі қосылған ағылшын арағы.*

**ДЖИНСІ** зат. *Тығыз матадан тігілген тар шалбар.*

**ДЖИП** [ағыл. jeep] зат. *Жол талғамайтын, биік қорапты жеңіл автокөлік түрі.*

**ДЖИУ-ДЖИТСУ** зат. спорт. *Шығыс жекпе-жегі, ережесіз күрес.*

**ДЖОББЕР** [ағыл. jobber] зат. экон. *Тауар өткізуші агент; делдал.*

**ДЖОЙСТИК** [ағыл. joystick] зат. инф *ЭЕМ-нің дисплей экранында курсорды әртүрлі бағытта жылдам жылжытуға арналған қолтұтқа түріндегі құрылғы.*

**ДЖОК** зат. *Молдавандар, бессарабтықтар биі.*

**ДЖУНГЛИ** [ағыл. jungle] зат. геол. *Тропиктік және субтропиктік белдеулердің түрлі бұталар мен ағаштар қалың өскен ну ормандары.*

**ДЖОНКА** зат. *Қытайдың желкенді кемесі.*

**ДЗОТ** зат. әск. *Жерді қазып, ағаш жауып орнатқан атыс ұясы, бекініс.*

**ДЗЮДО** зат. спорт. *Жапондардан тараған еркін күрестің бір түрі, шығыс жекпе-жегі.*

**ДИАБАЗ** [франц. diabase] зат. геол. **1.** *Негізді магмалық таужыныс долериттің өзгерген түрі.* **2.** *Көшені тегістеуге пайдаланылатын тау жынысы, құрылыс материалы.*

**ДИАБЕТ** [грек. diabetes] зат. мед. *Ағзада қант алмасуының бұзылуынан ұйқы безі қызметінің өзгеруі, қант ауруы, сусамыр.*

**ДИАГЕНЕЗ** [грек. dia – іс-әрекеттің тәмамдалуын білдіретін қосымша, genesis – пайда болу] зат. геол. *Жер қыртысының жоғарғы белдеуі жағдайында қопсық шөгінділердің шөгінді таужынысқа айналуының табиғи физикалық-химиялық үдерістерінің жиынтығы.*

**Диагенез геохимиясы.** геол. *Қалыптасатын шөгінді таужыныстарда болатын химиялық элементтердің миграциялық (сейілу мен шашырау) үдерістері.*

**ДИАГЕНЕЗДІК** сын. есім. *Диагенезге тән, диагенезге қатысты.*

**Диагенездік минералдар**. геол. *Тау жыныстарында кристалданудан кейін физикалық-химиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты пайда болған минералдар.*

**ДИАГНОЗ** [грек. diagnosis] зат. **1.** мед. *Ауруды зерттеу арқылы анықталған дерт атауы, медициналық қорытынды.* **2.** ауыс. *Себеп-салдар.*

**ДИАГНОСТИКА** [грек. diagnostikos] зат. **1.** мед. *Ауруды анықтау үшін түрлі әдістерді қолданып, зерттейтін клиникалық медицинаның бір бөлімі, аурудың белгілері арқылы ауру түрін анықтау, диагноз қою шарттары.* **2.** тех. *Мәшине немесе компьютер немесе оның құрылғыларының дұрыс жұмыс істеуін тексеріп, табылған қателіктің орнын анықтау мүмкіндіктері.*

**ДИАГНОСТИКАЛЫҚ** зат. *Диагностикаға қатысты, диагностикаға тән.*

**ДИАГОНАЛЬ**[1] [лат. diagonalis] зат. мат. *Бұрыштың қарама-қарсы қабырғаларын қосатын сызық.*

**ДИАГОНАЛЬ**[2] зат. *Бір түсті, бедерлі, көлденең жол-жол қалың мата.*

**ДИАГРАММА** [грек. diagramma] зат. *Нақты үдерістер мен құбылыстардың өзара байланыстарын сипаттайтын сандық көрсеткіштер, сызба түрінде кескінделетін нұсқалар.*

**ДИАЗОҚОСЫЛЫС** зат. хим. *Көміртектің бір атомымен байланысқан екі азот атомынан тұратын топтамасы бар органикалық қосылыстар.*

**ДИАКУЗИЯ** зат. **1.** *Қатты шуылдан болатын жай.* **2.** *Естудің бұзылуы.*

**ДИАЛЕКТ** [грек. dialektos] зат. лингв. *Белгілі бір тілдің өз ішіндегі алуан түрлілік, аумақтық, әлеуметтік немесе кәсіптік ортадағы адамдардың сөйлеу тілінде қалыптасқан жалпыхалықтық тілден бөлекше ерекшеліктер.*

**ДИАЛЕКТИЗМ** зат. лингв. *Әдеби тіл нормаларының, белгілі бір аймақта ғана қолданылатын, таралу шегі бар тілдік ерекшелік.*

**ДИАЛЕКТИКА** [грек. dialektike] зат. филос. *Жаратылыстың, қоғамның, ой-сананың дамуындағы жалпы заңдылықтар туралы философиялық ілім.*

**ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ** сын. филос. *Диалектикаға тән, диалектикаға қатысты.*

**Диалектикалық әдіснама**. пед. *Индукция мен дедукцияның, анализ бен синтездің, абстрактілік пен нақтылықтың, тарихилық пен логикалықтың бірлігі.* **Диалектикалық логика.** филос. *Объективті шындықтың адам ойында тұтас бейнеленуі мен адам танымының жалпы заңдары мен түрлері туралы ғылым.* **Диалектикалық материализм.** филос. *Материяның алғашқы екенін танытатын философияның бір ағымы.*

**ДИАЛЕКТОЛОГИЯ** [грек dialektos – сөйлеу, logos – ілім] зат. лингв. *Белгілі бір тілдегі диалектілер мен сөйленістердің тарихын, таралу шегін, ұлттық және әдеби тілге қарым-қатынасын, қазіргі қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Диалектологияға қатысты, соған тән.*

**Диалектологиялық атлас.** лингв. *Жергілікті тіл ерекшеліктерінің белгілі бір аймақта таралуын көрсететін диалектологиялық карталардың жиынтығы.* **Диалектологиялық сөздік.** лингв. *Белгілі бір тілдегі диалектілерден жиналған лексика-фразеологиялық ерекшеліктерді қамтитын сөздік.*

**ДИАЛИЗ** [грек. dialysis] зат. хим. *Еріген заттарды бір-бірінен ажыратып алу әдісі.*

**ДИАЛИЗАТОР** зат. хим. *Диализ әдісін өткізетін аспап.*

**ДИАЛЛАГ** [грек. diallag] зат. геол. *Жақпар жарықшалары жақсы дамыған диоксид пен авгит минералдардың түрі.*

**ДИАЛЛАГИТ** зат. геол. *Негізінен диаллагтан тұратын пироксенит деген интрузиялық таужыныстың түрі.*

**ДИАЛОГ** [грек. dialogos] зат. **1.** лингв. *Ауызекі сөйлесу түрі, екі я одан да көп адамның пікір алысуы.* **2.** әдеб. *Көркем шығармада қолданылатын тәсіл, кейіпкерлердің өзара әңгімесі.* **3.** ресми. *Екі немесе бірнеше елдер арасындағы қақтығыстарды реттеу үшін жүргізілетін келіссөздер.* **4.** инф. *Адам мен компьютердің арасында сұрақ және жауап түрінде екі жақты ақпарат алмасу.*

**ДИАЛОГИЯЛЫ** сын. *Диалогі аралас.*

**ДИАЛОГТЫҚ** сын. *Диалогқа тән, диалогқа қатысты.*

**Диалогтық есептеуіш жүйе.** инф. <ағыл. computing dialogue system> *Адам мен компьютер арасында кезекпен ақпарат алмасу режімі жүзеге асырылатын жүйе.* **Диалогтық жол.** инф. <ағыл. dialog bar> *Windows жүйесін басқарудың стандартты элементтері бар экрандағы бағдарламаны басқару жолы.* **Диалогтық орта.** инф. <ағыл. interactive medium> *Бағдарламалық материалды жекешелеуге мүмкіндік бере отырып, пайдаланушыдан қабылдаған ақпарат негізінде хабардың мазмұны мен ұзақтығын анықтауға мүмкіндік беретін орта.* **Диалогтық режім.** инф. *Пайдаланушының әрбір сұратуы компьютер тарапынан дереу жауап әрекетін тудыратын, пайдаланушы мен компьютер арасындағы әрекеттестік режімі.*

**ДИАМАГНИТТІ** сын. *Магнит полюстерін серпетін.*

**ДИАМАТ** зат. тар. сөйл. *Диалектикалық материализм деген сөз тіркесінің қысқартылған түрі.*

**ДИАМЕТР** [грек. diametros] зат. геом. *Шеңберді тепе-тең етіп бөлетін түзу сызық.*

**ДИАМЕТРЛІ** сын. *Диаметрден тұратын.*

**ДИАМЕТРЛІК** [лат. diametralis] сын. *Диаметрге тән, диаметрге қатысты.*

**ДИАММОФОС** зат. хим. *Жоғары концентрациялы азотты – фосфорлы азықтық зат, тыңайтқыш.*

**ДИАПАЗОН** [грек. dia pason] зат. муз. **1.** *Адам даусының дыбыс көлемі.* **2.** *Музыкалық аспаптардың дыбыс ауқымы.* **3.** ауыс. *Адам қабілетінің, білімінің, іс-әрекетінің ауқымы, құлашы.*

**ДИАПОЗИТИВ** [грек.dia – арқылы, лат. positivus – оң] зат. физ. *Экраннан көрсету үшін проекциялық фонарьдің жәрдемімен әйнекке не басқа жылтыр затқа түсірілген фотографиялық сурет.*

**ДИАСПОР** [грек. diaspora] зат. геол. *Алюминийлі минералдың бір түрі.*

**ДИАСПОРА** [грек. diaspora] зат. әлеум. *Өз отанынан жырақ басқа елдерде қоныстанған ұлттың бөлшегі.*

**ДИАСПОРАТАНУ** зат. *Диаспора дамуының теориялық, әдістемелік, тарихи, экономикалық, демографиялық, этнологиялық және әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-саяси, мәдени-тұрмыстық, практикалық т.б. мәселелерін зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.*

**ДИАСТАЗ** зат. хим. *Крахмалды қантқа айналдыратын фермент.*

**ДИАСТОЛА** [грек. diastole] зат. мед. *Жүректің бұлшық етінің қалыпты жиырылудан кейін босаңсуы.*

**ДИАТЕЗ** [грек. diathesis] зат. мед. *Ағзаның әртүрлі тітіркендіргіштерге реакциясы немесе кейбір ауруларға бейімділігі.*

**ДИАТЕКСИС** зат. геол. *Таужыныстардың толық балқу үдерісі, анатексистің соңғы кезеңі.*

**ДИАТЕРМИЯ** [грек. diathermaino] зат. мед. *Тіндерді жиілігі жоғары электр тоғымен қыздыруға негізделген электрлі терапиялық емдеу әдісі.*

**ДИАТЕРМОКОАГУЛЯЦИЯ** зат. мед. *Электр тоғымен күйдіріп емдеу әдісі.*

**ДИАТОМДАР** [грек. diatome] зат. биол. ***Диатомды балдырлар.***

**ДИАТОМДЫ: диатомды балдырлар.** биол. <лат. diatomeae> *Бір жасушалы балдырлар.*

**ДИАТОМИТ** [diatomeae] зат. геол. *Жалпы құрамының жартысынан көбін диатомдық балдыр сауытшалары құрайтын ақшыл, бозғылт және сарғылт түсті кремнийлі шөгінді таужынысы.*

**ДИАТОНИКА** [грек. diatonikos] зат. муз. *Барлық дыбыстары таза квинта бойынша орналасу мүмкіндігі бар жеті сатылы интервалдық жүйе.*

**ДИАТРЕМА** [грек. diatrema] зат. геол. *Газдар мен балқыған магманың жер қыртысының қабаттарын жарып шығуы нәтижесінде пайда болатын түтік пішіндес қуыс.*

**ДИАФАН** зат. *Әйнексіз күңгірт фарфор.*

**ДИАФАНИЯ** зат. *Декалькомания арқылы алынатын шыныдағы мөлдір түссіз кескін.*

**ДИАФИЛЬМ** [грек. dia – арқылы, ағыл. film] зат. *Суреті көрсетіліп, астына түсініктеме жазылатын (көрнекі құрал ретінде пайдаланатын) шағын фильм; оқытудың көрнекі құралдарын экрандық көрсету түрі.*

**ДИАФИНОМЕТР** [грек. diaphancia] зат. физ. *Қатты дененің, сұйықтар мен газдардың мөлдірлік дәрежесін анықтайтын аспап.*

**ДИАФРАГМА** [грек. diaphragma] зат. **1.** анат. *Көкірек қуысын іш қуысынан бөліп тұратын көкет.* **2.** физ. *Оптикалық прибордың ішіндегі (фотоаппаратқа) жарықты ықшамдап, шашыратпай тұратын қалқан.* **3.** сушар. *Судың сүзілуін азайту үшін қолданылатын қабырға тәрізді қалқан.*

**ДИАФРАГМАЛЫ** сын. *Диафрагмасы бар, диафрагма орнатылған.*

**Диафрагмалы сорғы.** тех. *Поршені көп жағдайда иілгіш резеңкелі тілімшемен – диафролмамен немесе мембранамен алмастырылған, цилиндр фланеці ернеуінен қысылған, ал ортасы ось бойында иінтірек механизм арқылы ілгерілі-қайтымды қозғалатын сорғы.*

**ДИАФТОРЕЗ** зат. геол. *Магмалық және метаморфтық таужыныс метаморфизмінің төменгі сатысына тән жаңа жағдайларға бейімделуі нәтижесінде осы тау жыныстар болмысында бұрынғы минералдар есебінен жаңа минералдық түрлердің қалыптасу үдерісі.*

**ДИАФТОРИТ** зат. геол. *Шегіну метаморфизміне ұшыраған таужыныстар.*

**ДИАЦЕТИЛЕН** зат. хим. *Құрамында қос үш байланысы бар көмірсутек, түссіз газ.*

**ДИБАЗОЛ** зат. мед. *Күре тамыр түтігін кеңітетін дәрілік препарат.*

**ДИБРОМЕТОН** зат. хим. *Этанның бромды туындысы, этилді сұйықтықтың құрамдас бөлігі.*

**ДИВАН**[1] [ир. دیوان] зат. *Отыруға және жатуға арналған арқалық сүйеніші бар жұмсақ жиһаз.*

**ДИВАН**[2] зат. тар. *Түрік сұлтандары кезіндегі төрелер кеңесі, дуан.*

**ДИВЕРГЕНТТІ** [лат. divergens] сын. *Түрлі бағытта қозғалатын.*

**Дивергентті қатпарлар.** геол. *Бір-бірінен тебіле төңкерілген дербес қатпарлар немесе қатпар жүйелері.* **Дивергентті қосақ.** геол. *Тангенциалдық (бүйірлік) қозғалыстардың орталық өңірден шеткі аймақтарға қарай жылжуы нәтижесінде қалыптасатын қатпарлы егіз жүйенің (әдетте, эвгеосинклиндер) бір-бірімен тоқайласу пішіні.*

**ДИВЕРГЕНЦИЯ** [лат. divergere] зат. **1.** биол. *Эволюция барысында қолдан сұрыптау әрекетінен немесе табиғи сұрыпталу нәтижесінде ағза белгілерінің өзара алшақтауы.* **2.** физ. *Бір жүйке талшығымен келген жүйке импульстерінің әртүрлі нейрондарға, тіпті мидың әртүрлі бөлімдеріне таралуы.* **3.** мат. *Векторлық өріс ағынының берілген нүктедегі өзгеру шамасын сипаттайтын сан.* **4.** лингв. *Тілдегі бір дыбыстың белгілі жағдайға байланысты дағдылы қалпынан ауытқуы, өзгеріп айтылуы.*

**ДИВЕРСАНТ** зат. саяси. *Диверсия жасаушы.*

**ДИВЕРСИФИКАЦИЯ** [лат. diversus – әртүрлі, facere – жасау] зат. экон. *Өндіріс тиімділігін арттыру, экономикалық табыс табу мақсатында өнім түрлерін көбейту не өзгерту, өндірістің жаңа түрлерін игеру.*

**ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛА=** ет. экон. *Тың өндіріс көздері мен түрлерін игеру.*

**ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ** экон. *Диверсификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ДИВЕРСИЯ**[1] [лат. diversio] зат. *Жау тылындағы белгілі бір елдің әскери мемлекеттік мәні бар нысандарын шетелдік агенттер немесе қылмыстық элементтердің бүлдіруі, я істен шығаруы, қастандық іс-әрекеті.*

**ДИВЕРСИЯЛЫҚ** сын. *Диверсияға тән, диверсияға қатысты.*

**ДИВЕРСИЯЛЫҚ-БАРЛАУШЫЛЫҚ** сын. *Жау тылына барлау, диверсия жүргізетін.*

**Диверсиялық-барлаушылық топ.** әск. *Қарсылас тылына барлау және диверсия жүргізу үшін арнайы жаттықтырылған бөлімше.*

**ДИВИДЕНД** [лат. dividendus] зат. экон. *Қосқан ұпайға қарай берілетін таза пайданың үлесі.*

**ДИВИДЕНДТІК** сын. *Дивиденд түріндегі, дивидендке тән, дивидендке қатысты.*

**Дивидендтік санақ.** экон. *Дивиденд алушылардың бар-жоғын, мекенжайын нақтылау т.б. мақсатта жүргізілетін барлық акция ұстанушылардың санағы.*

**ДИ-ВИ-ДИ** [ағыл. – DVD] зат. инф. *Сандық бейнедиск.*

**ДИВИЗИ** зат. муз. *Дауыстың бөлінуі, бір-біріне қосымшалай орындалуы.*

**ДИВИЗИОН** [франц. division] зат. **1.** әск. *Артиллериялық бронетанктік, зениттік-ракеталық т.б. бөлімшелерден құралған әскери құрама, оқ жаудырғыш, тактикалық құрама бөлім.* **2.** тар. *XX ғ. 2-жартысына дейін 2–3 атты әскер эскадронынан тұратын тактикалық құрама.* **3.** тар. *Азамат соғысы жылдарында бірнеше әскери ұшақ топтарынан тұрған арнайы бөлімдер.* **4.** *Қазіргі заманғы әскери-теңіз флотындағы біртекті кемелердің тактикалық құрамасы.*

**ДИВИЗИЯ** [лат. division] зат. әск. *3–4 полктан құралған құрама әскер.*

**ДИВИЗИЯДАЙ** сын. *Дивизия мөлшеріндей.*

**ДИВИЗИЯЛЫҚ** сын. әск. *Дивизияға қатысты, дивизияға тән.*

**Дивизиялық артиллерия тобы.** әск. *Қарсыластың тактикалық ядролық құралдарымен және артиллериясымен күресуге, оның резервтерін, радиоэлектрондық құралдарын және басқару пункттерін жою мақсатында дивизия іс-әрекетінің негізгі бағытындағы атысын күшейтуге арналған топ.*

**ДИВИЗИОНДЫҚ** сын. әск. *Дивизионға тән, дивизионға қатысты.*

**ДИГИБРИДТІ** сын. биол. *Тұқым қуалау қасиеттері екі ғана белгілермен айырылатын.*

**ДИГЛОССИЯ** зат. лингв. *Бір қоғамда екі тілдің болуы және қатынасу ортасына байланысты сөйлеушілердің әрбір тілді қолдануы.*

**ДИГРАФ** зат. лингв. *Екі әріптің бірігіп, бір дыбысты беруі.*

**ДИДАКТИКА** [грек. didaktikos] зат. пед. *Педагогикалық ғылымның білім беру, машық пен дағдыны меңгерту, берілетін оқыту әдістерін, білім мазмұнының көлемі мен құрылымын айқындайтын, баяндайтын бөлімі.*

**ДИДАКТИКАЛЫҚ** сын. *Дидактикаға қатысты, дидактикаға тән.*

**Дидактикалық материал.** пед. *Оқушыларға өз бетімен жұмыс істеу үшін таратылатын құралдар (карта, кесте т.б.).* **Дидактикалық ойындар.** пед. *Оқыту мақсатын жүзеге асыруға арналған ойындар.* **Дидактикалық шығармашылық.** пед. *Оқу материалын оқушыларға меңгертуге байланысты әртүрлі амалдарды іріктеу және құрылымдау жөніндегі оқыту әрекеті.*

**ДИДАКТОГЕНИЯ** [грек. didaktikos – үйретуші, ұқтырушы, genes – пайда болған] зат. пед. *Тәрбиеші (педагог, жаттықтырушы, басшы т.б.) тарапынан педагогикалық әдептің бұзылуы салдарынан болған оқушының жағымсыз психологиялық жай-күйі (көңіл-күйдің нашарлауы, қорқыныш, түңілу).*

**ДИДАР** [ар. دیدار] зат. **1.** *Жүз, келбет, түр, түс.* **2.** ауыс. *Нұр, сәуле.*

**Дидар қосты.** *Жүздесті, жолықты.* **Дидарына әсемдік қосты.** поэт. *Жайнады, құлпырды, әдеміленді.* **Дидарына тоймады.** *Жүзіне қараудан шаршамады, аса құмар болды.* **Дидарын көрді.** *Жүздесті, жүзін көрді.* **Дидары солды.** *Жүзі өзгерді, өңі қашты, нұры тайды.*

**ДИДАРЛАН=** ет. *Нұрлану, көріктену, сұлулану.*

**ДИДАРЛАС=** ет. *Кездесу, жүзбе-жүз әңгімелесу.*

**ДИДАРЛАСТЫР=** ет. *Кездестіру, жүздестір.*

**ДИДАРЛАСТЫРУ** *Дидарластыр етістігінің қимыл атауы; жүздестіру, жолықтыру.*

**ДИДАРЛАСУ** *Дидарлас етістігінің қимыл атауы; кездесу, жолығу.*

**ДИДАРЛЫ** сын. **1.** *Келбетті, көрікті.* **2.** ауыс. *Нұрлы, сәулелі.*

**ДИДАРСЫЗ** сын. *Көріксіз.*

**ДИДАРІЗДЕГІШ** зат. тех. *Фотоаппараттың суретке түсірілетін нысанды табуына арналған бөлшегі.*

**ДИЕЗ** [франц. diese] зат. муз. *Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон жоғарылататын белгі, таңба.*

**ДИЕСТАЗИЯ** зат. псих. *Денені тік қалыпта ұстаудың қиындауы.*

**ДИЕТ** зат. сөйл. ***Диета.***

**ДИЕТА** [грек. diaita] зат. мед. *Адамның белгілі бір ретпен тамақтану тәртібі, тамақтану режимі, емдәм.*

**ДИЕТАЛЫҚ** сын. *Диетаға қатысты, емдәмдік.*

**ДИЕТОЛОГИЯ** [грек. diaita – тамақтану тәртібі, logos – ілім] зат. мед. *Сау және науқас адамның тиімді тамақтануын, дұрыс тамақтанудың ғылыми негіздерін және оны ұйымдастыру әдістерін зерттейтін ғылым.*

**ДИЗАЖИО** [итал. disaggio – ауытқу, шегеру] зат. экон. *Құнды қағаздардың нарықтық бағамының олардың көрсетілу құнынан азаю, төмендеу жағына қарай ауытқуы.*

**ДИЗАЙН** [ағыл. design] зат. өнер. *Көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағыт атауы.*

**ДИЗАЙНЕР** зат. *Материалдық дүниелерді көркемдеумен, безендірумен айналысатын маман.*

**Дизайнерлер одағы.** *Дизайнерлерді біріктіріп, басшылық жасайтын ұйым.*

**ДИЗАРТРИЯ** зат. мед. *Жеке дыбыстарды, буындарды және сөздерді айтудағы сөйлеу қиындығы, кекештік.*

**ДИЗЕЛЬ** зат. тех. *Мұнаймен іштен жанатын қозғалтқыш.*

**Дизель майлары.** *Автотрактордың және кеменің қозғалтқыштарын майлауға қолданылатын мұнай майлары.* **Дизель отыны.** хим. *Сұйық мұнай отыны.*

**ДИЗЕЛЬДІ** сын. тех. *Дизелі бар, дизель орнатылған.*

**ДИЗЕНТЕРИЯ** [грек. dysenteria] зат. мед. вет. *Адам мен малда болатын қанды іріңі аралас ішектің жұқпалы ауруы.*

**ДИЗОСМИЯ** зат. мед. *Иіс сезу сезімінің бұзылуы.*

**ДИЗУРИЯ** ет. мед. *Зәр шығару қызметінің бұзылуы.*

**ДИЗЪЮНКЦИЯ** зат. *Логикада, тіл білімінде бір заттың екі белгісінің бір-біріне қарсы қойылуы, бірін-бірі жоққа шығаруы.*

**ДИКТАНТ** [лат. dictare] зат. пед. *Дауыстап оқу арқылы өткізілетін жазба жұмыс.*

**ДИКТАТОР** [лат. dictator] зат. саяси. *Мемлекет ісін шексіз билеуге еркі бар билік иесі.*

**ДИКТАТОРЛЫҚ** сын. *Диктаторға тән, диктаторға қатысты.*

**ДИКТАТУРА** [лат. dictatura] зат. саяси. *Қолында мемлекет билігі бар таптың шексіз үстемдігі.*

**ДИКТИОКАУЛЕЗ** зат. вет. *Малдың өкпесіндегі құрт ауруы.*

**ДИКТОР** [лат. dictor] зат. *Микрофон арқылы теле-радиохабарларды оқитын маман.*

**ДИКТОФОН** [лат. dictare – ежіктеу, грек. phone – үн, дыбыс] зат. тех. *Сөзді дыбыс тасығышқа (магниттік таспаға) жазып алатын және оны қайта жаңғыртатын құрылғы.*

**ДИКЦИЯ** [лат. dictio] зат. *Сөйлеуде, өлең айтуда сөздің және буынның айқын, ашық айтылуы, нәші, мақам.*

**ДИКЦИЯЛЫҚ** зат. *Дикцияға тән, дикцияға қатысты.*

**ДИҚАН** [ир. دهقان] зат. *Егінші, егінді күтуші.*

**Диқан баба.** миф. *Егіншілерді қорғаушы әулие.* **Диқан дарысын.** тілек. жерг. *Астық мол болсын, қырман тасысын!*

**ДИҚАНГЕР** зат. ***Егінші.***

**ДИҚАНГЕРЛІК** зат. ***Егіншілік.***

**ДИҚАНГЕРШІЛІК** зат. сөйл. ***Диқаншылық.***

**ДИҚАНДАЙ** сын. *Диқан сияқты, диқан тәрізді.*

**ДИҚАНДЫҚ** зат. *Егіншілік, диқаншылық.*

**ДИҚАНШЫ** зат. *Егін салушы, егінді кәсіп етуші.*

**ДИҚАНШЫЛЫҚ** зат. *Егіншілік.*

**ДИЛАН=** ет. *Тыңаю, әлдену, қуаттану.*

**ДИЛАНДЫР=** ет. *Қуаттандыру, әлдендіру.*

**ДИЛАТОМЕТР** [лат. dilatare – кеңейту, грек. metron – өлшем] зат. физ. *Зат көлемінің өзгеруін өлшейтін аспап.*

**ДИЛЕММА** [грек. dilemma] зат. филос. *Топшылағанда, байымдағанда болатын қарама-қарсы екі пікірдің бірін таңдау, екінің бірі.*

**ДИЛЕТАНТ** [итал. dilettante] зат. *Арнаулы даярлығы болмаса да ғылыммен не өнермен үстірт шұғылданушы адам.*

**ДИЛЕР** [ағыл. dealer] зат. экон. *Тауарларды, бағалы қағаздарды, валютаны сатып алу-сату мәмілесі кезінде делдалдық міндеттерді жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға, бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушы.*

**ДИЛИЖАНС** зат. тар. *Көп орынды жабық пәуеске арба.*

**ДИЛОГИЯ** [грек. di – екі рет, logos – сөз] зат. әдеб. *Сюжеті, мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ екі кітаптан тұратын әдеби шығарма.*

**ДИЛЫ** сын. *Күйлі, қуатты.*

**ДИМЕДРОЛ** зат. мед. *Дененің ауруын, құрысуын басатын, тыныштандырып, ұйықтататын ақ түсті дәрі.*

**ДИМЕР** зат. хим. *Бір заттың екі молекуласының бір-бірімен қосылуы.*

**ДИМОРФИЗМ** зат. биол. *Бір түрдің дарақтарындағы морфологиялық-физиологиялық белгілер бойынша айырмашылық.*

**ДИНАМИЗМ** [грек. dynamis] зат. *Өзгеріс, құбылыс, даму.*

**ДИНАМИКА** [грек. dynamikos] зат. **1.** *Құбылыстың өзгеруі, дамуы.* **2.** физ. *Күш әсері және дене қозғалысын зерттейтін механика бөлімі.* **3.** муз. *Музыкалық шығармадағы үннің күші мен қаттылығының түрлі деңгейі.*

**ДИНАМИКАЛЫ** сын. *Қозғалысты, дамымалы.*

**ДИНАМИКАЛЫҚ** сын. тех. **1.** *Физика динамикасына тән.* **2.** *Музыка динамикасына тән.* **3.** *Медициналық динамикаға тән.*

**Динамикалық ауыстыру.** инф. <ағыл. dynamic relocation> *Белсенді бағдарламаны немесе оның бөлігін бір сақтауыш құрылғыдан басқа сақтауыш құрылғыға ауыстыру.* **Динамикалық бағдарлау.** инф. <ағыл. dynamic routing> *Компьютер желілеріндегі байланыс арасында мәліметтердің артық жүктелгені және оның қабылданбағаны жайлы хабар берілген кезде ақпарат жеткізілетін маршрутты автоматты түрде өзгертетін тәсіл.* **Динамикалық геология.** геол. *Жер ғаламшарының қойнауындағы және оның беткі қабатындағы іс-әрекеттерді зерттейтін геологиялық ғылым саласы.* **Динамикалық екпін.** лингв. *Лебізді екпін.* **Динамикалық жоспарлау.** инф. <ағыл. dynamic scheduling> *Уақытты бөлетін жүйеде мәселелер ағынын талдау негізінде жүзеге асатын және ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды орындау кезектілігін жоспарлау.* **Динамикалық жүйе.** мат. *Еркіндік дәрежесінің саны шекті болып келетін механикалық жүйе.* **Динамикалық жүктеме.** физ. *Уақыт ішінде мәні, бағыты не күш түсу нүктесі тез өзгеруімен сипатталатын жүктеме.* **Динамикалық жүктеу.** инф. <ағыл. dynamis program loading> *Негізгі жадқа бағдарлама тұтасымен жазылмайтын бағдарламаларды жүктеу тәсілі.* **Динамикалық зондылау.** геол. *Топырақтар мен таужыныстардың қасиетін далалық жеделдеме әдіспен барлап білу.* **Динамикалық көлем.** сушар. *Су айдынының көлденең қалпына қатысты ауытқуына байланысты алынған статистикалық көлемдердің бөгендегі су көлемін дәлме-дәл сипаттай алмауы.* **Динамикалық құбылыс.** кен. *Жерасты қазбаларының жанынан көмірдің, таужыныстардың, газдардың немесе сұйық заттардың кенеттен пайда болып, аса күшті жылдамдықпен қозғалуы.*

**ДИНАМИТ** [грек. dynamis] зат. физ. *Құрамында нитроглицерині бар, жарылып атылатын қопарғыш зат.*

**ДИНАМИТТЕЙ** сын. *Динамит сияқты, динамит тәрізді; жарылып кететіндей, қопарғыш заттай.*

**ДИНАМО** [грек. dynamis] зат. тех. *Электр тогын өндіріп шығаратын мәшине.*

**ДИНАМОГРАФ** мед. тех. *Бұлшық еттің тартылу жылдамдығын және күшін кескіндеме түрінде тіркеуге арналған аспап.*

**ДИНАМОМЕТР** [грек. dynamis – күш, metron – өлшем] зат. физ. *Күштің шамасын өлшейтін аспап.*

**ДИНАМОМЕТАМОРФИЗМ** зат. геол. *Тектоникалық күштер әсерінен таужыныстар негізінен құрылымдық, кейде минералдық өзгерістерге ұшырайтын, сол таужыныстардың қатпарлауымен сабақтаса өтетін процесс.*

**ДИНАР** [ир. دينار] зат. тар. *Бірқатар елдерде ертеде қолданылған арабтың алтын теңгесі.*

**ДИНАРИЙ** [лат. denarius ] зат. тар. *Ежелгі Римде пайдаланылған күміс не алтын шақа.*

**ДИНАС** зат. *Отқа төзімді материал.*

**ДИНАСТИЯ** [грек. dynasteia] зат. *Ұрпақ қуалап, бір тұқымынан соң бірінің ел билеуі.*

**ДИНАФТАЛИТ** зат. *Аммиак селитрасы мен динитронафталиннің механикалық қосындысынан тұратын жарылғыш зат.*

**ДИНГО** зат. зоол. *Австралияда таралған жабайы ит.*

**ДИНОЗАВР** [грек. dinosauria] зат. палеонт. *Архозаврлар тармағына жататын, жойылып кеткен бауырымен жорғалаушылардың ең көп тобының жиынтық атауы.*

**ДИНОМЕТР** зат. тех. *Жүннің мықтылығын, созымдылығын анықтайтын аспап.*

**ДИОД** зат. физ. *Бір жақты электр өткізгіштігі бар екі электродты (анод және катод) электр ваккумдық, газ разрядты немесе шалаөткізгішті құрал.*

**ДИОКСИД** [нем. Dioxid] зат. хим. *Қандай да бір элементтің бір атомы оттегінің екі атомымен бірігуінен пайда болатын екі оттегілі химиялық байланыс.*

**ДИОКСИН** [нем. Dioxin] зат. хим. *Екі не одан да көп бензол сақинасы болатын, екі оттек атомы арқылы түйықталған хлорорганикалық қосылыстар тобы.*

**ДИОПСИД** [грек. diopsid] зат. геол. *Силикаттар класының тізбекті типіне жататын пироксендер тобындағы минерал.*

**ДИОПТОМУС** зат. зоол. *Су шаяны.*

**ДИОПТР** [грек. dioptra] зат. **1.** тех. *Жылжымалы бөлігін қашықтағы затқа бағыттайтын бұрыш өлшейтін аспап, тетік, құрал.* **2.** әск. *Винтовкаға бекітпеден алыс емес (атқыш көзіне жақын) бекітілген, көзден дәлдігін арттыруға арналған тетік.*

**ДИОПТРИКА** [грек. dioptrika] зат. физ. *Әртүрлі ортадағы сәуленің сынуын зерттейтін оптика бөлімі.*

**ДИОПТРИЯ** зат. тех. *Оптика шынысының ауытқушы күшін өлшеу бірлігі.*

**ДИОПТРЛІ** сын. есім. *Диоптрі бар, диоптр орнатылған.*

**Диоптрлі шкала.** тех. *Қаралатын заттың көріну анықтығын белгілеуге арналған бөліктері бар оптикалық аспаптың (дүрбі, перископ және т.б.) окулярлық сыртқы жақтауындағы шкала.*

**ДИОРИТ** [франц. diorite] зат. геол. *Орта құрамды интрузивтік тау жынысы.*

**ДИПЕПТИД** зат. хим. *Екі амин қышқылдар қалдығынан тұратын қосылыстар.*

**ДИПЕПТИДАЗА** зат. хим. *Дипептидтердің екі амин қышқылына ыдырауын катализдейтін фермент.*

**ДИПЛОДОК** [лат. diplogocus] зат. зоол. *Өсімдіктермен қоректенетін, кесіртке жамбасты динозаврларға жататын бауырымен жорғалаушылар тобы.*

**ДИПЛОМ** [грек. diplome] зат. **1.** *Арнаулы оқу орнын бітіргендігі туралы куәлік.* **2.** *Диплом алу үшін жазылатын еңбек.* **3.** *Диссертация қорғаған ғылыми дәрежесі үшін берілетін куәлік.* **4.** *Белгілі бір табыс я жетістік үшін марапаттап берілетін куәлік.*

**Диплом жұмысы.** пед. *Студенттердің жоғары оқу орнын бітірерде өз бетімен жазбаша орындайтын жұмысы.*

**ДИПЛОМАНТ** зат. **1.** *Диплом жазушы адам.* **2.** *Диплом алған жүлдегер.*

**ДИПЛОМАТ**[1] [грек. diplomate] зат. **1.** *Мемлекеттің сыртқы істер министрлігінде немесе осы мекеменің шетелдердегі өкілдіктерінде қызмет атқаратын, арнайы кәсіби білім даярлығы және дипломатиялық дәрежесі бар мемлекеттік қызмет адамы.* **2.** ауыс. *Әр нәрсенің ыңін келтіріп, қисынын табатын адам.*

**ДИПЛОМАТ**[2] зат. *Портфель орнына қолға ұстайтын төртбұрышты қол сөмкесі.*

**ДИПЛОМАТИЯ** [франц. diplomatie] зат. **1.** саяси. *Мемлекеттің сыртқы, халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті.* **2.** ауыс. *Құлық, айла-шарғы.*

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Дипломатияға қатысты, дипломатияға тән.*

**Дипломатиялық актілер**. саяси. *Дипломатиялық қызмет барысында қолданылатын құжаттардың ортақ атауы.* **Дипломатиялық дәреже**. *Дипломаттарға атқарып жүрген қызметтеріне қарай үкімет тарапынан берілетін ерекше белгі.* **Дипломатиялық жанжал.** *Екі ел арасындағы келіспеушілік.* **Дипломатиялық иммунитет.** дипл. *Шетел елшіліктері және олардың қызметкерлеріне берілетін ерекше қол сұқпаушылық құқықтар мен жеңілдіктер жиынтығы.* **Дипломатиялық корпус**. саяси. *Қабылдаушы мемлекеттің үкіметі таныған шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің барлық дипломатиялық қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің ортақ атауы.* **Дипломатиялық миссия.** саяси. *Уәкіл немесе тұрақты сенімді өкіл басқаратын дипломатиялық өкілдік.* **Дипломатиялық өкілдік.** саяси. *Мемлекеттің шет елдердегі дипломатиялық өкіл басқаратын, сыртқы істермен айналысатын органы.*

**ДИПЛОМАТТЫҚ** зат. **1.** *Дипломат болушылық.* **2.** ауыс. *Әр нәрсенің тілін таба білушілік.*

**ДИПЛОМДЫҚ** сын. *Диплом алу үшін жазылған.*

**ДИПЛОПИЯ** [грек. diploos – қос, ops (opos) – көз] мед. *Бейненің қосарланып көрінуімен сипатталатын көру қабілетінің бұзылуы.*

**ДИПТЕРЛЕР** [грек. dia – арқылы, pteron – қанат] зат. зоол. *Тек алдыңғы қанаттары ғана жақсы дамыған, кең тараған жәндіктердің тобы (оларға шыбын-шіркейлер, масалар, бүргелер т.б. жатады).*

**ДИПТЕРОЛОГИЯ** зат. зоол. *Диптерлерді (шыбын-шіркейлерді т.б.) зерттейтін энтомологияның бір бөлімі.*

**ДИРЕКТИВА** [франц. directive] зат. **1.** *Жоғарғы органның төмен органдарға немесе басқарушылардың қол астындағыларға берген бұйрық, нұсқаулары.* **2.** *Үкіметтің халық шаруашылығын дамыту жолындағы бағыты, бағдарламасы.* **3.** әск. *Ұрыс қимылдарын дайындау мен жүргізу, жабдықтау, үйрету, штаттық ұйымдастыру т.б. әскердің (күштің) іс-әрекеті мен өмірі мәселелерін қамтитын жазбаша түрдегі жауынгерлік өкімдік немесе қызметтік құжат.*

**ДИРЕКТИВАЛЫҚ** сын. *Директиваға қатысты.*

**Директивалық жоспар.** *Орындалуы қатаң бақылауға алынатын жоспар.*

**ДИРЕКТОР** [лат. director] зат. *Мекеменің, өндіріс орнының, кәсіпорынның жетекшісі, басқарушысы.*

**ДИРЕКТОРАТ** зат. *Бас директор басқаратын ірі фирманың т.б. директорларының алқасы.*

**ДИРЕКТОРЛЫҚ** сын. *Директорға тән, директорға қатысты, директор ретіндегі.*

**ДИРЕКЦИЯ** [лат. directio] зат. *Мекеме, өндіріс, оқу орындарының ішінде директор басқаратын басшылық орны.*

**ДИРИЖАБЛЬ** [франц. dirigeable] зат. *Іші газбен толтырылған, аспанда қалқып тұратын ауадан жеңіл, басқармалы аппарат.*

**ДИРИЖАБЛЬДЕЙ** сын. сөйл. *Дирижабль сияқты, дирижабль тәрізді үлкен.*

**ДИРИЖЕР** [франц. diriger] зат. муз. *Оркестрді басқаратын адам.*

**ДИРИЖЕРЛЫҚ** сын. муз. *Дирижерге қатысты, дирижерге тән.*

**ДИРХЕМ** [ир. درهم] зат. көне. *Орта ғасырдағы араб елдерінің күміс ақшасы.*

**ДИСАХАРИД** зат. хим. *Екі моносахарид қалдығынан тұратын қант.*

**ДИСБАКТЕРИОЗ** зат. мед. *Ағзаның (негізінен ішектің) қалыпты микрофлорасының түрлік құрамы мен саны арақатынасының өзгеруі, ішекке тән емес микробтардың дамуы.*

**ДИСБАЛАНС** [франц. disbalance] зат. экон. *Тепе-теңдіктің бұзылуы.*

**ДИСБАЗИЯ** зат. псих. *Жүрістің бұзылуы.*

**ДИСГАРМОНИЯ** [лат. disharmonia] зат. муз. *Үндестіктің бұзылуы, үннің құлаққа жағымсыз болып естілуі, үйлесімсіздік.*

**ДИСГРАФИЯ** зат. пед. *Дұрыс жаза алмау немесе жазу арқылы ойды жеткізе алмау.*

**ДИСК** [грек. diskos] зат. **1.** *Жан-жағы дөңестеу, жалпақ, дөңгелек зат.* **2.** әск. *Қол пулеметтің оқ тұратын бөлшегі.* **3.** астр. *Күннің, Айдың Жерден қарағандағы беті.* **4.** инф. *Жазылған ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтай алатын магниттік қабыршақпен қапталған дөңгелек пластина түріндегі дерек жинақтауыш құрылғы.* **5.** анат. *Ағзадағы омыртқа жотасын ұстап тұратын омыртқа аралықтарында орналасқан мүше.*

**ДИСКА** зат. сөйл. ***Диск.***

**ДИСКАНТ** [лат. discantus] зат. муз. **1.** *Ер балалардың жіңішке дауысы.* **2.** *Жіңішке дауысты әнші адам.*

**ДИСКАУНТ** зат. экон. **1**. *Халықаралық есеп айырысуда қолданылатын тікелей шегерім нысаны.* **2.** *Банкирдің бағалы қағаздарды атаулы бағасынан төмен бағамен сатып алу әрекеті.*

**ДИСКАУНТЕР** [ағыл. discounter] зат. экон. *Өнеркәсібі дамыған елдерде ұзақ мерзімді тұтыну тауарларын қандай да болсын, қосымша қызметтер көрсетпестен арзан бағамен сататын дүкен.*

**ДИСКЕТ** [ағыл. diskette] зат. инф. *Есептеу машиналарында арнаулы папкіде сақталатын иілгіш ақпарат тасығыш; компьютердің сыртқы жады ретінде пайдаланылатын, алмалы-салмалы шағын табақша түрінде жасалған, магниттік қабықшасы бар, қорапқа салынған сақтауыш құрылғы.*

**ДИСКОВОД** зат. *Компьютердің диск салуға арналған жері.*

**ДИСКОГРАФИЯ** зат. **1.** *Грампластинкалардың жасалуын және мазмұнын сипаттау.* **2.** зат. *Түйіндеме жазылған жаңа грампластинка тізімдері, оларға жазылған рецензиялары бар мерзімді баспалардағы бөлімдер мен тізбелер.*

**ДИСКОМФОРТ** [ағыл. discomfort] зат. *Жайсыздық, жағдайсыздық, қолайсыздық.*

**ДИСКОНТ** [ағыл. discount] зат. экон. *Биржалық және валюталық мәмілелерде тауар – валюта бағасынан шегерім; банк вексельді есептеу кезінде (банкінің вексель бойынша төлем төлеу мерзімі басталғанға дейін вексель иелерінен оны сатып алуы кезінде) өндіріп алатын есептік пайыз.*

**ДИСКОНТТЫҚ** сын. *Дисконтке байланысты.*

**Дисконттық қарыз міндеттемесі.** экон. *Бас-тапқыда атаулы құны бойынша сатылған, ал қайталама рынокта атаулы құнынан төмен бағамен сатылатын міндеттеме.*

**ДИСКОНТЕР** зат. *Вексельді есепке алушы.*

**ДИСКОТЕКА** [грек. theke] зат. *Көпшілік, негізінен, жастар арасында ұйымдастырылатын сауық, би кеші.*

**ДИСКРИМИНАНТ** [лат. discriminans – бөлуші, ажыратушы] зат. мат. *Берілген функцияның мәнін анықтайтын, мәні нөлге тең болған жағдайда функцияның нормадан ауытқуымен сипатталатын бірлік.*

**ДИСКРИМИНАТОР** [лат. discriminare] зат. тех. *Электр тербелістері параметрлерінің (фазасының, жиілігінің, ұзақтылығының) өзгерісін сол тербеліс амплитудасының өзгерісіне айналдыратын немесе импульстер арасынан амплитудасы белгіленген шамадан асатын*

*импульстерді бөліп шығаратын электрондық құрылғы.*

**ДИСКРИМИНАЦИЯ** [лат. discriminatio] зат. саяси. *Құқыққа шек қою я құқықты жою саясаты, нәсілдік кемсітушілік.*

**ДИСКУРС** зат. лингв. *Лингвистикалық зерттеу нысаны ретіндегі сөйлеу, әңгіме.*

**ДИСКУССИЯ** [лат. discussio] зат. *Көпшілік болып, талас мәселені талқылау, пікірсайыс, пікірталас, айтыс.*

**ДИСКУССИЯЛЫҚ** сын. *Дискуссияға тән, дискуссияға қатысты; дискуссияға талас тудыратын.*

**ДИСКІ** зат. сөйл. ***Диск.*** **1.** *Жан-жағы дөңестеу, жалпақ, дөңгелек зат.* **2.** әск. *Қол пулеметтің оқ тұратын бөлшегі.* **3.** астр. *Күннің, Айдың жерден қарағандағы беті.* **4.** тех. *Мәшиненің жалпақ, дөңгелек формалы бөлшегі.*

**ДИСКІЛЕ=** ет. *Топырақты баптау, майдалау.*

**ДИСКІЛЕН=** ет. *Топырақтың майдалануы.*

**ДИСКІЛЕУ** *Дискіле етістігінің қимыл атауы.*

**ДИСКІЛІ** сын. *Дискісі бар, диск орнатылған.*

**ДИСЛОКАЦИЯ** зат. **1.** әск. *Әскердің өз елінде орналасуы.* **2.** геол. *Жер қыртысының жылжуы.*

**ДИСПАНСЕР** [франц. dispensaire] зат. мед. *Белгілі бір ауруды емдейтін және одан алдын ала сақтандыратын арнаулы медициналық мекеме.*

**ДИСПАНСЕРИЗАЦИЯЛАУ=** ет. мед. ***Диспансерлеу.***

**ДИСПАНСЕРЛЕУ=** ет. мед. *Диспансер арқылы жүзеге асырылатын денсаулық сақтау, аурудың алдын алу және емдеу үшін жұртшылықты үнемі дәрігер бақылауына алу.*

**ДИСПАНСЕРЛІК** сын. мед. *Диспансерге тән, диспансерге қатысты.*

**ДИСПАША** [франц. dispsche] зат. экон. *Теңізде ортақ апаттың болғанын тіркейтін арнаулы құжат, одан келтірілген залалдың есебі және оны сапарды ұйымдастыруға қатысушылар арасында бөлу.*

**ДИСПАЧ** [ағыл. dispatch] зат. тех. *Жүктің кемеге мерзімінен бұрын тиелгені (түсірілгені) үшін кеме иелерінің жүктің иесіне (кеме жалдаушыға) төлейтін сыйақылық төлемдері (сыйақысы).*

**ДИСПЕПСИЯ** [грек. dis – айыруды, бөлінуді білдіретін қосымша, pepsis – ас қорыту] зат. мед. *Асқорыту қызметінің бұзылуы.*

**ДИСПЕРСИЯ** [лат. dispersus] зат. физ. *Заттың бытырап ұсақталуы.*

**ДИСПЕРСИЯЛАНДЫРУ=** ет. физ. *Ірі бөлшектердің ұсақталып уатылуы.*

**ДИСПЕРСИЯЛЫ** сын. *Уақ бөлшекті.*

**ДИСПЕТЧЕР** [ағыл. dispatcher] зат. **1.** *Транспорттың, мекеменің жұмысын реттеп жүргізуші адам.* **2.** инф. *Ресурстардың үлестірілуін басқаратын бағдарлама; компьютер ресурстарын ортақ пайдалануды ұйымдастыруға қатысты мәселелерді басқару бағдарламасы.*

**ДИСПЕТЧЕРЛЕУ=** ет. *Ақпарат таратуда және оны өңдеуде техникалық құрал-жабдықтарды қолданып, өндірістік үдерістерді шұғыл тексеру және басқару жұмыстарын орталықтандыру.*

**ДИСПЕТЧЕРЛІК** сын. *Диспетчерге тән, диспетчерге қатысты.*

**Диспетчерлік кесте.** сушар. *Бөген жұмысын басқару ережелерін диспетчерлік кестелер арқылы беретін арнайы құжат.*

**ДИСПЛЕЙ** [ағыл. display] зат. инф. *Экранда әліпбилік, сандық, графикалық ақпараттың көрінімді бейнесін беретін құрылғы.*

**ДИСПОНЕНТ** [лат. disponens] зат. қаржы. *Фирманың ісі жөніндегі өкіл, жарлық беруші, банк комиссионерлерінің немесе корреспонденттерінің есепшоттарындағы бос соманы басқарушы.*

**ДИСПРОПОРЦИЯ** зат. *Жеке бөліктердің өзара сәйкеспеуі, пропорцияның жоқтығы.*

**ДИСПУТ** [лат. disputare] зат. *Көпшілік алдында белгілі бір мәселені талқыға салатын ғылыми талас, пікірталас.*

**ДИССЕРТАНТ** [лат. dissertans] зат. *Өзінің ғылыми еңбегін көпшілік алдында қорғаушы.*

**ДИССЕРТАЦИЯ** [лат. dissertatio] зат. *Ғылыми дәреже алу үшін белгілі бір мәселе зерттеліп жазылатын ғылыми еңбек.*

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ** сын. *Диссертацияға тән, диссертацияға қатысты.*

**Диссертациялық кеңес.** ғыл. *Диссертация қорғалатын ғалымдардың мәжілісі.* **Диссертациялық сараптама.** ғыл. *Комиссия мүшелері жоғары аттестациялық комиссия бекіткен талапқа сай ғылыми дәреже алу үшін ізденуші жазған жұмысын қорғағанға және қорғағаннан кейін жүргізілетін сараптау ісі.*

**ДИССИДЕНТ** [лат. dissidens] зат. **1.** тар. *Шіркеу уағыздайтын дінді мойындаудан бас тартқан адам.* **2.** саяси. *Мемлекеттік идеологиямен келіспей, ресми билікке қарсы шыққан адам.*

**ДИССИДЕНТТІК** сын. *Диссидентке тән, диссидентке қатысты.*

**ДИССИМИЛЯЦИЯ** [лат. dissimilatio] зат. **1.** биол. *Күрделі органикалық заттардың бойындағы энергияның таратылып, қарапайым заттарға бөліну процесі.* **2.** лингв. *Сөз ішіндегі ұқсас дыбыстардың біреуінің өзге дыбысқа айналып кетуі.*

**ДИССИМИЛЯЦИЯЛАН=** ет. хим. *Молекулалардың бөлінуі, ыдырауы.*

**ДИССОНАНС** [франц. dissonance] зат. муз. **1.** *Музыкалық дыбыстардың үндеспеуі, бұзылуы.* **2.** әдеб. *Өлең ұйқастарында кездесетін құбылыс; толымсыз ұйқастың бір түрі.*

**ДИССОЦИАЦИЯ** [лат. dissociatio] зат. хим. *Молекуланың, радикалдың, ионның немесе молекулалық қоспаның екі немесе бірнеше бөлшектерге ыдырауы.*

**Диссоциация константасы.** физ. *Диссоциациялану реакциясының тепе-теңдік константасы.*

**ДИСТАНЦИЯ** [лат. distantia] зат. **1.** *Белгілі бір арадағы қашықтық.* **2.** тех. *Жол бойындағы телім, бөлімше.*

**ДИСТАНЦИЯЛЫҚ** сын. *Дистанцияға тән, дистанцияға қатысты.*

**Дистанциялық оқыту.** пед. *Электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыста орналасқан адамдардың оқу-танымдық қызметі мен дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық жасайтын оқыту нысандарының бірі.*

**ДИСТИЛДЕ=** ет. *Сұйықты қайнатып тазарту.*

**ДИСТИЛДЕН=** ет. хим. *Судың қайнату арқылы тазалануы.*

**Дистилденген су.** хим. *Еріген минералды тұздардан, органикалық заттардан және басқа қосылыстардан дистилдеу арқылы тазартылған су.*

**ДИСТИЛДЕУ** *Дистилде етістігінің қимыл атауы.*

**ДИСТИЛЛЯЦИЯ** [лат. distillatio] зат. ***Дистилде.***

**ДИСТИЛЯЦИЯЛА=** ет. *Суды қайнатып, тазарту, сүзу.*

**ДИСТИЛЯЦИЯЛАН=** ет. *Тазартылу, сүзілу.*

**ДИСТИЛЛЯЦИЯЛАУ** *Дистилляцияла етістігінің қимыл атауы.*

**ДИСТОНИЯ** зат. мед. *Қан тамырлары тонусының шамадан тыс төмендеуінен немесе жоғарылауынан ағзада болатын өзгерістер.*

**ДИСТРИБУЦИЯ** [ағыл. distribution] зат. лингв. *Тілдік бірліктердің бөлінуі, мәтін жасайтын фонемалар, морфемалар, лексемалар жиынтығы.*

**ДИСТРИБЬЮТОР** [ағыл. distributor] зат. экон. *Тауарларды көтере сатып алып, кейін қайта сататын делдал фирма не жеке тұлға.*

**ДИСТРОФИЯ** [грек. dis – айыруды, бөлуді білдіретін қосымша, trophe – тамақтану] зат. мед. *Ағзаның қоректену қызметі бұзылуының себебінен азық сіңбеу, адам салмағының кемуі, денсаулығының нашарлауы.*

**ДИСТРОФИЯЛЫҚ** сын. мед. *Дистрофияға тән, дистрофияға қатысты.*

**ДИСФАГИЯ** [грек. dis – айыруды, бөлуді білдіретін қосымша, phagein – жұту, жеу] зат. мед. *Астың өңеште тоқтап қалуы, түйілуі.*

**ДИСФАЗИЯ** зат. мед. *Мидың зақымдануынан қалыпты сөйлеудің бұзылуы.*

**ДИСФЕМИЗМ** зат. лингв. *Қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларын негұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айту.*

**ДИСФЕМИЯ** зат. психол. *Психологиялық факторларға байланысты сөйлеудің бұзылуы.*

**ДИСФОРИЯ** зат. психол. *Кейбір психикалық аурулардың салдарынан адамның көңіл-ауанының бұзылуы, шамшыл, ызақор болып, айналасындағыларға тиіскіштікке бейімдік.*

**ДИТИЛИН** зат. фарм. *Операция жасайтын жерді жансыздандыратын ақ кристалды ұнтақ.*

**ДИУАН** [ир. دیوان] зат. көне. *Ескі сұлтандық, Түркияда жоғары лауазымды шенділер мен ақсүйектер бас қосып кеңес құратын орын.* **2.** *Ұлы уәзірлерден, муфтиден т.б лауазымды адамдардан құралған кеңес.*

**ДИУАНА** [ир. دیوانه] зат. діни. **1.** *Ырзығын көптен тілеп, кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам.* **2.** ауыс. *Іс-әрекетінде береке жоқ, бәтуасыз, тұрақсыз адам.* **3.** ауыс. *Сүйгеніне қосыла алмай, ғашықтық дертіне шалдыққан адам.*

**ДИУАНАДАЙ** сын. *Диуана сияқты, диуана тәрізді, тақуа адамдай.*

**ДИУАНАЛАУ** сын. *Бәтуасыздау, тұрақсыздау.*

**ДИУАНАЛЫҚ** сын. *Диуанаға тән, диуанаға қатысты. // Диуанаға лайықты іс-әрекет.*

**ДИФОСГЕН** зат. хим. *Тұншықтыратын әсері бар улағыш зат.*

**ДИФТЕРИТ** [грек. diphthera] зат. мед. ***Дифтерия.***

**ДИФТЕРИЯ** [грек. diphthera] зат. мед. *Жұқпалы іш ауруы.*

**ДИФТОНГ** [грек. diphtongos] зат. лингв. *Дыбыстардың айрықша қосарланып келетін түрі, екі дауысты дыбыстың қосындысынан тұратын дыбыс.*

**ДИФФАМАЦИЯ** зат. *Біреуді ғайбаттайтын мәлімет тарату, сыни ішкере.*

**ДИФФЕРЕНТ** [лат. differens] зат. экон. *Тауарға тапсырыс беру кезінде және оны алу кезінде оның бағасында болатын айырма.*

**ДИФФЕРЕНЦИАЛ** [лат. differentia] зат. мат. *Шексіз аз санның еріктi тұтасу функциясы.*

**ДИФФЕРЕНЦИЯЛАН=** ет. *Мүшеленіп бөліну, даралану.*

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДАУ=** ет. *Берілген функцияның туындысын немесе дифференциалын табу.*

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ** сын. *Сараланған, даралағнан.*

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ** сын. *Дифференцияға тән, дифференцияға қатысты.*

**Дифференциалдық геометрия.** геом. *Геометрияның геометриялық бейнелерді дифференциалдық есептеу тәсілімен зерттейтін бөлімі.* **Дифференциалдық есептеу.** мат. *Математиканың туынды және дифференциалды шамаларды зерттейтін, сондай-ақ оларды функциялардың қасиеттерін зерттеуде қолданатын бөлімі.* **Дифференциалдық рента.** экон. *Орташа не жақсы жер телімдерін сатып алу немесе қосымша жұмсалған капиталдық өнімділікті арттыру нәтижесінде түсетін қосымша пайда; жер рентасының бір түрі.* **Дифференциалдық теңдеулер.** мат. *Ізделінетін функцияны оның әртүрлі ретті туындыларымен немесе дифференциалдарымен және тәуелсіз айнымалыларымен байланыстыратын теңдеулер.*

**ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ** [франц. differentiation] зат. **1.** *Жіктеу, бөлектеу.* **2.** геол. *Тектік тұрғыдан байланысты, бірақ құрамы жағынан ерекшеленетін бірнеше жаңа өнімдердің бір ғана материал есебінен қалыптасуын қамтамасыз ететін барша геологиялық үдерістер жиынтығы.*

**ДИФФУЗИЯ** [лат. diffusio] зат. физ. *Жылудың қозғалыс салдарынан бір заттың екінші бір затқа өтуі, тогысуы, сіңісуі, енуі.*

**Диффузия коэффициенті.** физ. *Диффузия процесіндегі бөлшектің орын ауыстыруының орташа шаршысы мен уақыт арасындағы пропорционалдық коэффициент.*

**ДИФФУЗИЯЛАН=** ет. хим. *Тоғысып араласу, сіңісіп кету.*

**ДИФФУЗИЯЛАНУ** *Диффузиялан етістігінің қимыл атауы.*

**ДИФФУЗИЯЛЫҚ** сын. *Диффузияға тән, диффузияға қатысты.*

**Диффузиялық аппарат**. физ. *Туралған қатты материалдан еритін заттарды ажыратып алуға арналған аппарат.* **Диффузиялық камера.** физ. *Зарядталған бөлшектердің тректерін (іздерін) бақылауға мүмкіндік беретін құрал.*

**ДИФФУЗОР** [лат. diffusio] зат. тех. *Ортатепкіш насостың қозғалмайтын бөлігі.*

**ДИЫЛ** сын. жерг. *Сергек, ширақ.*

**ДИІРМЕН** зат. *Дәнді үгітіп, майдалап ұнға айналдыратын құрал.*

**ДИІРМЕНДЕЙ** сын. *Диірмен сияқты, диірмен тәрізді, дөңгелек.*

**ДИІРМЕНШЕ** үст. *Диірмен сияқты, диірменге ұқсап.*

**ДИІРМЕНШІ** зат. *Диірмен жүргізуші адам.*

**ДИІРМЕНШІЛІК** зат. *Диірменші кәсібімен айналысушылық.*

**ДИЭЛЕКТРИК** [ағыл. dielectric] зат. физ. *Электр тогын өткізетін материалдық орта, изолятор.*

**ДИЭЛЕКТРЛІК** сын. физ. *Ток өткізетін (қасиет).*

**ДИЭТИФЕН** зат. мед. *Күре тамырды кеңейтетін ағзаға жұғымды дәрі.*

**ДИЮ** [ир. دیو] зат. миф. *Ертегілерде айтылатын алып тұлғалы, сиқырлы күш.*

**ДИЮДАЙ** сын. *Дию сияқты, дию тәрізді.*

**ДИЮША** үст. *Диюге ұқсас, дию сияқты.*

**ДО** [итал. do] зат. муз. *Музыкалық жеті дыбыстың алғашқысы.*

**ДОБАЛ** сын. **1.** *Ебедейсіз, икемсіз.* **2.** *Үшкір емес.* **3.** ауыс. *Тұрпайы, дөрекі.*

**ДОБАЛДА=** ет. **1.** *Қалай болса солай, тұрпайы істелу.* **2.** ауыс. *Жорамалдау, болжау.*

**ДОБАЛДАЙ** сын. *Үлкен, ыңғайсыз ірі, көзге қораш.*

**Добалдай болды.** а) *Ісінді, ісініп-қабынды.* ә) *Үп-үлкен, еңгезердей болды.*

**ДОБАЛДАН=** ет. *Күп болу, дорбиып ісу.*

**ДОБАЛДАУ** сын. **1.** *Ебедейсіздеу, қолайсыздау, қораштау.* **2.** ауыс. *Дөрекілеу, тұрпайылау.*

**ДОБАЛДЫҚ** зат. *Ебедейсіздік, өрескелдік.*

**ДОБАРДАЙ** сын. сөйл. ***Добалдай.***

**ДОБЫР: добыр аяқ.** сөйл. *Ештемеге икемі жоқ, жайбасар.*

**ДОБЫРА** зат. жерг. ***Дорба.***

**ДОБЫРА=** ет. сөйл. *Қобырап босау.*

**ДОБЫРАЛА=** ет. сөйл. ***Дабыралау.***

**ДОГМА** [грек. dogma] зат. филос. *Дәлелдеусіз, тәжірибе жүзінде тексерілмей-ақ ақиқат ретінде қабылданатын қағида.*

**ДОГМАЛЫҚ** сын. *Догмаға тән, догма ретінде танылған.*

**ДОГМАТ** [грек. dogma] зат. филос. *Соқыр сенім ретінде қабылданған негізгі діни қағида.*

**ДОГМАТИЗМ** зат. *Белгілі бір ілімге сыни көзбен қарамай, көзсіз бой ұрушылық.*

**ДОГМАТТЫҚ** сын. *Догмалық сипаттағы, қасаң.*

**ДОГМАТШЫ** зат. *Догматизмді жақтаушы, қолдаушы.*

**ДОҒА** зат. **1.** *Тәрте мен қамытты құлақбаумен ұштастырып тұратын жоғарғы бөлігі, жартылай шеңберлене иілген ағаш.* **2.** мат. *Шеңбердің я имек сызықтың белгілі бір бөлігі.* **3.** ауыс. *Доға тәрізді иілген, доғаға ұқсас.*

**Доға жал.** *Бабына келіп семірген аттың шығыңқы, иілген жалы.*

**ДОҒАБА** зат. жерг. ***Доқаба*** *(пұліш).*

**ДОҒАБАС** зат. *Белдіктің, айыл-тұрманның бір жақ басына бекітілетін дөңгелек не имек дәнекер темір, айылбас.*

**ДОҒАДАЙ** сын. **1.** *Доға сияқты, доға тәрізді.* **2.** ауыс. *Бүркірейген.* **3.** *Шығыңқы (жараған, семіз аттың жолы туралы айтқанда).*

**ДОҒАЛ** сын. **1.** *Сүйір емес, мұқыл.* **2.** ауыс. *Дөрекі, тұрпайы (мінез, сөзі т.б.).* **3.** ауыс. *Сөздің мәнін қапелімде ұға бермейтін, сезімтал емес, біртоға (адам).*

**Доғал бұрыш.** мат. *Тік бұрыштан үлкен, бірақ жазыңқы бұрыштан кіші бұрыш.* **Доғал оқ.** *Адамды, аңды атқанда өлтірмей, соғып құлату үшін ұшы сүйектен не ағаштан жасалынатын жебенің бір түрі.*

**ДОҒАЛА** зат. жерг. ***Ноғала*** *(малдың көзін қаптаған шел).*

**ДОҒАЛАҚ**[1] сын. **1.** *Қалай болса солай, олақ жасала салған.* **2.** ***Домалақ.***

**ДОҒАЛАҚ**[2] зат. *Бір сабақ жіп; тігін машинасының жібі.*

**ДОҒАЛАН=** ет. *Дөңгелене иілу.*

**ДОҒАЛАҢ** зат. көне. *Ертедегі уақытша баспана атауы [Байырғы ортада бойжеткеннің ұзатылуына алты ай қалғанда жеке тігіліп, қызды бір жеңгесімен бөлек шығаратын ғұрыптық отау. Доғалақ бөлек шыққан бойжеткен ерте тұрып, кеш жатып, өз алдына қазан-ошақ ұстап, қонақ қабылдап, үй тіршілігін атқарып, отбасылық өмірге үйрене бастаған].*

**ДОҒАЛАТПА** зат. тамақ. *Ұнды майға қуырып дайындайтын тағам түрі [Дәмді тағамды алыс сапарға шыққан жолаушы, мал соңындағы адамдар жолазық ретінде алып жүрген].*

**ДОҒАЛДА=** ет. *Өрескелдендіру, бұзу, бұрмалау.*

**ДОҒАЛДАН=** ет. *Домалану, мұжілу.*

**ДОҒАЛДАУ** сын. **1.** *Сүйір еместеу, мұқылдау.* **2.** ауыс. *Шорқақтау, олақтау.* **3.** ауыс. *Томырықтау, тұйықтау.*

**ДОҒАЛДЫҚ** сын. *Томырықтық, біржолғылық.*

**ДОҒАЛЫ** сын. *Доғасы бар, доға орнатылған.*

**Доғалы пеш.** тех. *Электр доғасының қызуы металды және басқа материалдарды қорытуға пайдаланылатын өнеркәсіптік пеш.*

**ДОҒАР=** ет. **1.** *Атты жегуден босату.* **2.** *Тоқтату, кідіріс жасау, үзіліс жасау.*

**ДОҒАРА** зат. жерг. *Қамыстан, ысқадан, кейде жіңішке шыбықтардан айқастырып тоқылған, іші-сырты балшықпен сыланған жер үй, қора.*

**ДОҒАРТ=** ет. **1.** *Көлікті жегуден босату.* **2.** ауыс. *Тоқтату, үзу, создыртпау.*

**ДОҒАРУ** *Доғар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жегулі арба-шананы тоқтатып, босату.* **2.** ауыс. *Тоқтату, аяқтау.*

**ДОҒАРУЛЫ** сын. *Кідірулі, ағытулы, босатулы.*

**ДОҒАРУСЫЗ** сын. *Жегуден босатылмаған.*

**ДОҒАРЫЛ=** ет. **1.** *Ағытылу, босатылу.* **2.** ауыс. *Тоқтатылу, аяқталу.*

**ДОҒАРЫЛУ** *Доғарыл етістігінің қимыл атауы; аяқталу, тоқтатылу.*

**ДОҒАРЫЛУЛЫ** сын. *Жегуден ағытылулы, босатылулы.*

**ДОҒАСЫЗ** сын. *Доғасы жоқ, доға кигізілмеген.*

**ДОҒАША** үст. *Доғаға ұқсас, доға сияқты (майысу, иілу).*

**ДОҒДЫР** [лат. doctor] зат. сөйл. ***Дәрігер.***

**ДОҒДЫРЛЫҚ** сын. сөйл. ***Дәрігерлік.***

**ДОДА**[1] зат. **1.** этн. *Екі жаққа тең бөлініп тартысатын көкпар.* **2.** ауыс. *Өмір талқысы, тартыс.* **3.** ауыс. *Жарыс, бәсеке.*

**ДОДА**[2] зат. *Қалай болса, солай жиналған, буылған, бір бума, бір топ, бір бөлек (зат).*

**Дода бас.** *Қалың, бұйра болып, ретсіз өсіп кеткен шашы бар.* **Додаға салды** а) *Көкпарға, талауға салды, тартысқа түсірді.* ә) *Таласқа салды, талқыға түсірді.* **Додаға түсті.** *Көкпарға түсті, талауға түсті.* **Дода сақал.** *Ұйысқан, қалың, қауқиған, додалаған. // Ұйысқан, қалың, додаланған сақалды кісі.* **Додасын шығарды.** *Қобыратып, быт-шыт қылды.* **Додасы шықты.** *Быт-шыты шығып қобырады.*

**ДОДА-ДОДА** сын. **1.** *Дударланған, қобыраған.* **2.** *Тоз-тоз, түте-түте, ұйпа-тұйпа.*

**Дода-дода болды.** а) *Дударланды, қобырады.* ә) *Тоз-тоз болды, ұйпа-тұйпасы шықты.* **Дода-додасы шықты.** *Быт-шыты шықты, ұйпа-тұйпа болды.*

**ДОДАГЕР** зат. *Көкпар тартқанда додаға түсетін адам немесе ат.*

**ДОДАЛА=** ет. **1**. *Қалай болса солай қобыратып байлау.* **2**. *Жан-жақтан тартысу, талап әкету.* **3.** ауыс. *Долбарлап, қара дүрсінге салу.*

**ДОДАЛАН=** ет. *Қобырау, дода-дода болу.*

**ДОДАЛАНДЫР=** ет. *Қалай болса, солай ысыру, ыдырату.*

**ДОДАЛАС=** ет. **1.** *Дода ойынына қатысу, жарысу, бәйгеге түсу.* **2.** *Таласу, тартысу.*

**ДОДАЛАСУ** *Додалас етістігінің қимыл атауы; көкпар тарту, додаға қатысу.*

**ДОДАЛАТ=** ет. *Талату, быж-тыж қылу, талан-таражға түсіру.*

**ДОДАЛАУ**[1] сын. ***Долбарлау.***

**ДОДАЛАУ**[2] *Додала етістігінің қимыл атауы; тартысу, жан-жақтан талау, көкпарға түсу.*

**ДОДАЛЫ** сын. *Қызу тартысты.*

**ДОДАШЫЛ** сын. *Додаға түсуге әуес, дода*

*десе ішкен асын жерге қоятын. // Додаға құмар адам.*

**ДОДЕКАЭДР** [грек. dodeka] зат. геом. *Бес түрлі дұрыс көпжақтың бір түрі.*

**ДОЗА** [грек. dosis] зат. **1.** мед. *Бір жолы ішілетін дәрінің тиісті мөлшері.* **2.** физ. *Сәулелендірілген заттың бірлік массасының жұтқан иондағыш сәуле (рентген, гамма-, бета-, альфа-сәулелер т.б.) энергиясы.*

**ДОЗАҚ** зат. **1.** діни. сөйл. ***Тозақ.*** **2.** ауыс. *Азап, қиыншылық.*

**Дозақ оты.** а) *Діни сенім бойынша күнәлы адамды жазалайтын жер.* ә) *Қиыншылық, азап.* **Дозақтан өтіп келгендей.** Ажал аузынан қайтып оралғандай. **Дозақтың дәмін татты.** *Азаптанды, азапқа түсті.*

**ДОЗАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Тозақтай.***

**ДОЗАҚТАЛ=** ет. *Қиыншылық көру, қиналу.*

**ДОЗАҚТЫ** сын. *Ауыр, қинайтын, азапты.*

**ДОЗАҚЫ** сын. сөйл. ***Тозақы.***

**ДОЗАЛА=** ет. сөйл. *Доза-доза етіп бөлу, мөлшерлеу.*

**ДОЗАЛАУ** *Дозала етістігінің қимыл атауы.*

**ДОЗАТОР** [грек. dosis] зат. хим. *Қатты, сұйық, газ заттарын шамалап өлшейтін құрал.*

**ДОЗИМЕТРИЯ** [грек. dosis–үлес, metron–өлшем] зат. физ. *Қолданбалы физиканың иондағыш сәулелердің тірі және өлі табиғат нысандарына әсерін сипаттайтын физикалық шамаларды (мыс., сәуле дозасы), сондай-ақ сол шамаларды өлшейтін әдістер мен құралдарды зерттейтін саласы.*

**ДОЗИМЕТРИЯЛЫҚ** сын. *Дозиметрияға тән, дозиметрияға қатысты.*

**Дозиметриялық бақылау.** физ. *Жеке құраманың радиоактивті сәулеленуін бақылау және әскери техниканың, азық-түліктің, судың радиоактивті зақымдалу дәрежесін анықтау үшін ұйымдастырылатын шаралар жүйесі.*

**ДОЗОР** зат. әск. *Соғыс жағдайында әскери бөлімнің алдағы бағытын, жолын бағдарлап отыратын шамалы топ, шолғыншы.*

**ДОЙ** сын. сөйл. *Ірі, дәу.*

**Дой дала.** жерг. *Иен дала, елсіз дала.* **Дой далаға сөйледі.** *Қалай болса солай, мәнсіз, орынсыз сөйледі.*

**ДОЙБЫ** зат. спорт. *Шаршылаған тақтайша бетіне тігіп, 24 таспен ойналатын ойын, шатыраш.*

**ДОЙБЫШЫ** зат. *Дойбы ойыншысы, шатыраш шебері.*

**ДОЙМА** зат. жерг. *Егіннің басын үгітетін құралы.*

**ДОЙМАН** сын. жерг. *Ірі, дәу, сайдауыт. // Дәу, үлкен, сайдауыт кісі.*

**ДОЙНА** [рум. doina] зат. муз. *Молдаван, румын халық әндерінің жалпы атауы.*

**ДОЙРА** зат. муз. *Түрікмен, өзбек, тәжік, грузин халықтарының ұрып-қағып ойнайтын аспабы.*

**ДОЙРАШЫ** зат. муз. *Дойра аспабының ойыншысы.*

**ДОЙСАЛ-ДӨКЕЙ** зат. жерг. *Өте ірі, денелі.*

**ДОЙЫР**[1] сын. **1.** *Дөрекі, ұрда-жық, дөкір.* **2.** *Қолында билігі бар, азулы.*

**ДОЙЫР**[2] зат. *Ұрыс-қағыста ұстайтын сабы жуан, ішіне қорғасын өзек салып өрген, жуан өрілген қамшының түрі.*

**Дойыр қамшы.** *Атқа мінгенде ұстайтын, қысқа сапты жуан өрмелі қамшы.* **Дойыр соғысы.** *Дойыр қамшымен төбелесу, қамшының астына алу, соғысу.*

**ДОЙЫРЖЫҒАР** зат. этн. жерг. *Қыз ұзатарда жасалатын кәде.*

**ДОЙЫРЛА=** ет. *Дойырмен ұрып-соғу, сабау.*

**ДОЙЫРЛАУ** сын. *Дөрекілеу, аужарлау.*

**ДОЙЫРЛЫ** сын. *Өктем, ұрда-жық.*

**ДОЙЫРЛЫҚ** зат. *Оспадарсыздық, тоңмойындық.*

**Дойырлыққа басты.** *Дөкірлікке, оспадарсыздыққа салды.*

**ДОЙЫРТПАҚ** сын. сөйл. *Толық денелі, төртбақ.*

**ДОЙЫРШЫ** зат. *Дойыр қамшыға машықтанған адам.*

**ДОК** [голл. dok] зат. тех. *Кеме құрастыруға немесе су астындағы бөліктерін тексеріп жөндеу үшін кемені судан шығаруға арналған құрылыс.*

**ДОКЕР** [ағыл. docker] зат. *Портта істейтін жұмыскер.*

**ДОКТОР** [лат. doctor] зат. **1.** мед. ***Дәрігер.*** **2.** ғылыми. *Ең жоғарғы ғылыми дәреже.*

**ДОКТОРАНТ** [лат. doctor] зат. ғыл. *Ғылыми дәреже алу үшін докторлық диссертация жазып жүрген адам.*

**ДОКТОРАНТУРА** [лат. doctor] зат. ғыл. **1.** *Жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің біліктілігі жоғары ғылыми мамандарын (ғылыми докторларын) даярлау бөлімі.* **2.** *Докторлық диссертация жазуға берілетін мерзім, уақыт.*

**ДОКТОРЛЫҚ** сын. **1.** *Дәрігерлік, емшілік.* **2.** ғылыми. *Докторлық дәреже алу үшін, алуға арналған. // Ғылым докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.*

**ДОКТРИНА** [лат. doctrina] зат. филос. *Ғылыми я философиялық теория, саяси бағыт, ілім.*

**ДОҚ: доқ көрсетті**. жерг. *Дікілдеп күш көрсетті, қоқаңдады.*

**ДОҚА** зат. жерг. *Жалғыз өгіз жегетін мойынтұрық.*

**ДОҚАБА** зат. *Сырты түкті барқыттың жақсы түрі.*

**ДОҚАБАДАЙ** сын. *Доқаба сияқты, доқаба тәрізді.*

**ДОЛА-ДОЛА** сын. сөйл. ***Дода-дода.***

**ДОЛАЙЫМ** үст. жерг. ***Толайым.***

**ДОЛАН**[1] зат. жерг. *Шарбақпен қоршалған аула.*

**ДОЛАН**[2] зат. жерг. *Шүлғау жасайтын мықты ақ мата.*

**ДОЛАНА** [ар. دولانه] зат. өс. <лат. crataegus> **1.** *Таулы-тасты, өзенді жерлерде жабайы өсетін, раушангүлділер тұқымдасына жататын жемісті ағаш.* **2.** *Долана ағашының жемісі.*

**Долана көбелегі**. зоол. <apozia crataegi>. *Ақ көбелек тұқымдасына жататын зиянды көбелек.*

**ДОЛАНАДАЙ** сын. *Долана сияқты, долана көлеміндей.*

**ДОЛАНКЕСЕР** сын. сөйл. *Алаңғасар, әулекі, әумесер.*

**ДОЛАНТОПШЫ** зат. жерг. өс. *Қарағаш тәрізді ағаштың бір түрі.*

**ДОЛАНТЫП** үст. көне. *Дөңгеленіп, жұмырланып.*

**ДОЛАҢ** сын. сөйл. *Оралымсыз, қолапайсыз, топас.*

**ДОЛАҢДАУ** сын. *Икемі жоқ, ысылмаған, олақтау.*

**ДОЛАҢДЫҚ** зат. *Олақтық, шорқақтық.*

**ДОЛАП** сын. жерг. *Намысшыл, дөң мінез.*

**ДОЛАУ** сын. жерг. *Долы, ызақор, ашушаң.*

**ДОЛБАЙ** зат. сөйл. *Нобай, нұсқа, жоба.*

**ДОЛБАР** зат. *Жорамал, болжам, ой-жоба.*

**ДОЛБАРЛА=** ет. *Болжалдау, нобайлау, тұспалдау.*

**ДОЛБАРЛАС=** ет. *Бірнешеуі қосылып өзара тұспал жасасу.*

**ДОЛБАРЛАУ** *Долбарла етістігінің қимыл атауы.*

**ДОЛБАРЛЫ** сын. *Болжалды, мөлшерлі, тұспалды.*

**ДОЛБЫРА=** ет. *Бір істі нақты орындамай, болбырау.*

**ДОЛҒАН** зат. *Ресей Федерациясы Таймыр автономды округінің Авам, Хатанг аудандарын қоныстанған түркі тілдес халық.*

**ДОЛДАЙ** сын. жерг. *Толқыма, тайсалақ, тұрақсыз.*

**ДОЛДАН=** ет. **1.** *Ашуға булығу, терісіне сыймау, ызалану.* **2.** ауыс. *Өзеннің, толқынның, тасқынның аласұрып құтырынуы, өршелене ағуы.*

**ДОЛДАНДЫР=** ет. **1.** *Ашуландыру, шамына бату.* **2.** ауыс. *Буырқандыру, өршелендіру, құтырту.*

**ДОЛДАНУ** *Долдан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ашулану, ашуға булығу.* **2.** ауыс. *Аласұру, буырқану.*

**ДОЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Долылық.***

**ДОЛДЫР=** ет. *Беті ісініп, домбығу.*

**ДОЛЕРИТ** [грек. doleros] зат. геол. *Базальт пен габброның аралығындағы, микрогабброға сәйкес келетін гипабиссал және эффузиялық таужыныс.*

**ДОЛЛАР** [ағыл. dollar] зат. қаржы. *АҚШ, Канада, Австралия, Ливан, Эфиопия т.б. бірқатар елдердің ақша белгісі (единица).*

**Доллар аймағы.** *Халықаралық экономикалық және валюта-қаржы қатынастары саласында біріңғай саясат жүргізетін АҚШ бастаған капиталистік елдердің, көбінесе Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америка елдерінің, валюта бойынша топтастырылуы.*

**ДОЛЛАРЛЫҚ** сын. *Долларға тең.*

**ДОЛЛАРШЫЛ** сын. *Долларға құмар адам.*

**ДОЛОМИТ** [франц. dolomite] зат. хим. *Құрамында магнезий, кальций бар минерал.*

**ДОЛОМИТСІЗДЕНУ=** ет. *Доломиттегі магний ионының кальций ионымен алмасу процесі, яғни доломиттің кальциттенуі.*

**ДОЛОМИТТЕНУ=** ет. *Таужыныстың минералдық құрамының доломиттермен алмаса бастауы немесе түпнегіз таужынысқа тән қуыстар мен жарықтар өңірінде доломит минералының шоғырлану процесі.*

**ДОЛОМИТТІ** сын. *Доломиті бар.*

**ДОЛОМИТТІЛЕУ** сын. *Аздап доломиті бар.*

**ДОЛУЫР** сын. сөйл. *Ашушаң, ызақор.*

**ДОЛҰР=** ет. сөйл. **1.** **Долыр.** **2.** жерг. *Ісіну, қызару, домбығу.*

**ДОЛЫ**[1] зат. жерг. *Бұршақты, жаңбырлы дауыл.*

**ДОЛЫ**[2] зат. жерг. *Құдық қазғанда, аршығанда топырақ, балшық салынып сыртқа тартылып шығарылатын, мал терісінен жасалатын, сыйымдылығы 60-70 кг болатын ыдыс.*

**ДОЛЫ**[3] сын. **1.** *Алай-түлей, күшті.* **2.** ауыс. *Ашушаң, булықпа, ызақор.*

**Долы боран.** *Екіленіп соғатын боран.* **Долы [ұрысқақ, шайпау] қатын.** *Шайпау, ұрыс-керіске жақын (бетбақ, көкбет) әйел.*

**ДОЛЫ-ДҮЛЕЙ** сын. поэт. *Аласапыран, аласұрған, сұрапыл желді.*

**ДОЛЫҚ**[1] зат. *Ашу, ыза.*

**ДОЛЫҚ**[2] зат. жерг. *Бәйгеге шабатын не асаудан жаңа үйретілген аттың тыпыршып, бір орнында тұрмауы, желігуі.*

**ДОЛЫҚ**[3] зат. көне. *Алым-салық.*

**ДОЛЫҚ**[4] зат. жерг. *Сазды батпақ жер.*

**ДОЛЫҚ=** ет. *Ашуға булығып долдану, ыза кернеу.*

**ДОЛЫЛА=** ет. жерг. *Құдықтың түбіндегі өлі балшықты долымен тазалау.*

**ДОЛЫЛАН=** ет. *Ыза кернеу, ашулану.*

**ДОЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қатты кернеген ыза, ызалы ашу.* **2.** ауыс. *Өзен сулардың, табиғаттың ерекше өзгерісі, жайсыз құбылысы.*

**Долылық буды.** *Қатты ашуланды, ыза кернеді.*

**ДОЛЫР=** ет. **1.** *Қатты ашуланғаннан, іштей тынғаннан беттің ісініп-қабынуы.* **2.** ауыс. *Қатты буырқану, алай-түлейлену.* **3.** ауыс. *Өршелену, күшею.*

**ДОЛЬМЕН** зат. археол. *Үстел тәрізді жалпақ тастардан салынған ерте замандағы құрылыс.*

**ДОМ[1]** зат. жерг. *Шыбықтан тоқылып, үстіне тор құрылған, қырғи ұстайтын ау, құрал.*

**ДОМ[2]: дом болды.** *Ат бабына келді.*

**Дом жарау.** *Бабына келіп жараған ат.*

**ДОМ[3]: дом көрсетті.** *Күш, қоқан-лоқы көрсетті, сес көрсетті.*

**ДОМАЛА=** ет. **1**. *Бұрышы, қыры жоқ заттың дөңгелеуі, айналуы.* **2.** *Шашылу, ыбырсу.* **3.** *Адамның жерде бірнеше рет аунауы.* **4.** ауыс. *Жеделдетіп бару, тез жету.* **5.** ауыс. *Биліктен, қызметтен, жұмыстан төмендеу.*

**ДОМАЛАМА: домалама кесектер.** геол. *Ағын күшімен су алабы түптерінде домалай қозғалатын таужыныс кесектері.*

**ДОМАЛАҒЫШ** сын. *Домалай беретін, жиі домалайтын.*

**ДОМАЛАҚ[1]** зат. қолөнер. *Оралған, домалақтанған, иірілген жіп.*

**ДОМАЛАҚ[2]** сын. **1.** *Дөңгелек, жұмыр.* **2.** *Толық, томпиған.* **3.** *Аласа, төбешіктенген.*

**Домалақ арыз [хат, қағаз].** *Домалақ арыз, біреудің сыртынан жала жауып жазылған иесі белгісіз арыз.* **Домалақ қалың.** этн. *Рәсім талаптарын орындамай-ақ берілетін қалыңмалдың бір түрі.* **Домалақ мұрын.** *Қысқа, доғал, томпиған, дөңгелек мұрын.*

**ДОМАЛАҚТА=** ет. *Дөңгелектеу, жұмырлау.*

**ДОМАЛАҚТАН=** ет. *Дөңгелектену, жұмырлану.*

**ДОМАЛАҚТАНДЫР=** ет. *Дөңгелендіру, жұмырландыру.*

**ДОМАЛАҚТАУ[1]** сын. *Аласа, толықша, жұмырлау.*

**ДОМАЛАҚТАУ[2]** *Домалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ДОМАЛАҚТЫҚ** зат. *Жұмырлық, домалақ болушылық.*

**ДОМАЛАҚША** үст. *Жұмырлау, дөңгелектеу.*

**ДОМАЛАҚШЫ** зат. жерг. *41 таспен бал ашушы.*

**ДОМАЛАН=** ет. **1.** *Жұмырлану, дөңгелену.* **2.** *Томпию, торсию.* **3.** *Отыру, бүктетілу.*

**ДОМАЛАНТ=** ет. **1.** *Дөңгеленту, аунату.* **2.** *Аяқ-қолын, қанатын кесіп тастау.* **3.** *Домалақ ету.*

**ДОМАЛАҢ** елік. *Аласа, домалақ зат не адамның шапшаң домаланған, қозғалған қимылын бейнелейтін сөз.*

**Домалаң ете қалды [түсті].** *Домалап түсті, құлады.* **Домалаң қақты.** *Аласа бойлы, толықша келген адамның қимыл-қозғалысына, жүрісіне қатысты айтылады.*

**ДОМАЛАҢДА=** ет. *Аласа сұлбасы көріну, қараңдау.*

**ДОМАЛАТ=** ет. *Дөңгелету, жұмарлату, аудару.*

**ДОМАЛАТПА** зат. бот. <лат. halimocnemis> *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ДОМАЛАТПАЙ** зат. *Іштің түйнеп, бүріп ауруы.*

**ДОМАЛАТУ** *Домалат етістігінің қимыл атауы.*

**ДОМАЛАТУШЫ[1]: арыз домалатушы.** *Арызқой, арыз жазуға үйір (адам).*

**ДОМАЛАТУШЫ[2]** зат. қолөнер. *Киізді дөңгелетуші, аунатушы.*

**ДОМАЛАУ** *Домала етістігінің қимыл атауы; дөңгелеп ағу.*

**ДОМАЛАШ: домалаш жілік.** жерг. ***Тоқпан жілік.***

**ДОМБАЗ** зат. *Қалай болса солай балшықтан соғылған, жасалған.*

**ДОМБАЗДА=** ет. *Қалай болса солай домбайлап жасау.*

**ДОМБАЙ[1]** зат. **1.** *Ерсі, орашолақ сөз.* **2.** *Нобайлап, шамамен істелген нұсқа.* **3.** ауыс. *Сес, қыр, қоқан-лоқы.*

**ДОМБАЙ[2]** зат. *Жабайы есек.*

**ДОМБАЙ[3]** зат. жерг. *Биік етіп, шошайта үйілген шөп.*

**ДОМБАЙЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің нұсқасына жақындату, нобайын келтіру.* **2.** *Долбарлау, мөлшерлеу.*

**ДОМБАЙЛАУ** сын. *Үлкендеу, ыңғайсыздау.*

**ДОМБАҚ** сын. *Ірі, үлкен, ебедейсіз. // Ірі қара, ірі үлкен зат.*

**ДОМБАҚТА=** ет. *Үю, жинау.*

**ДОМБАЛ** сын. **1.** *Үрда-жық, әпербақан.* **2.** *Ірі, үлкен, алып.* **3.** *Толық, быртық.* **4.** ауыс. *Икемсіз, орашолақ.*

**ДОМБАЛДА=** үст. **1.** *Үлкен, ебедейсіз ету.* **2.** ауыс. *Дұрыс емес, қалай болса солай берілу.*

**ДОМБАЛДАН=** ет. *Қалай болса солай, ебедейсіз, үлкен етіп жасалыну.*

**ДОМБАРЛА=** үст. *Нобайлау, шамалау, мөлшерлеу.*

**ДОМБАУ** зат. хал.мед. *Халық емшілігінде сырқатқа қарабайыр тәсілмен ем жасалатын емдеудің қарапайым түрі.*

**ДОМБЫҒУ** *Домбық етістігінің қимыл атауы; ісіну, қабыру.*

**ДОМБЫҒУЛЫ** сын. *Ісінген, қабынған.*

**ДОМБЫҒЫҢҚЫ** сын. **1.** *Ісіңкі, көгеріңкі.* **2.** *Томпақтау, толықша.*

**ДОМБЫҚ=** ет. **1.** *Дененің суыққа шалдығып, ісінуі, қабаруы.* **2.** *Жылағаннан т.б. соң беттің, көздің ісінуі.*

**ДОМБЫҚТА=** ет. *Қопсытып үю.*

**ДОМБЫҚТАЛ=** ет. *Үйілу, көмілу.*

**ДОМБЫҚТАУ** *Домбықта етістігінің қимыл атауы; үю, көму.*

**ДОМБЫҚТЫР=** ет. *Ісіндіру, қабындыру.*

**ДОМБЫРА** зат. муз. *Қазақ халқының екі ішекті, көп пернелі ұлттық музыкалық аспабы.*

**Домбыра бес саусақпен ақылдасты.** бейн. *Домбырада ойнады, домбыра шертті.* **Домбыра бүлкіл қақтырды.** *Домбыраны бебеу қақтырды.* **Домбыра қағу.** *Домбырада ойнау, шерту.* **Домбыраның құлағын бұрады.** *Домбыраның құлақ күйін келтірді.* **Домбыраның құлақ күйін [құлағын] [күйге] келтірді.** *Домбыраның құлағын бұрап, үнін тартуға бейімдеді.* **Домбыраның сағағы.** *Домбыраның сабы мен басы қосылатын жері, ең төменгі перне орналасқан тұс.* **Домбыра оркестрі.** муз. *Шығарманы негізінен домбыра арқылы орындайтын оркестр.* **Домбыра тартты.** *Домбыра шертті, домбырада ойнады.* **Домбыраның құлағы.** *Домбыраның ішегін тартып, босатуға арналған шанағының басында орналасқан бұранда.*

**ДОМБЫРАДАЙ** сын. *Домбыра сияқты, домбыра тәрізді.*

**ДОМБЫРАЛЫ** сын. *Домбырасы бар, домбыра ұстаған.*

**ДОМБЫРАСЫЗ** сын. *Домбырасы жоқ.*

**ДОМБЫРАША** үст. *Домбыра сияқты, домбыраға ұқсап.*

**ДОМБЫРАШЫ** зат. *Домбырада жақсы ойнайтын, домдыраны жақсы шертетін адам.*

**ДОМБЫРАШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. *Домбыраны жақсы тарта білу қабілеті.*

**ДОМБЫРАШЫЛЫҚ** зат. *Домбырада жақсы ойнай білетін өнер.*

**ДОМБЫТ** сын. *Көтеріліп, ісініп-кебініп отыратын бөспе.*

**ДОМБЫТ=** ет. **1.** *Домбығу, ісіну.* **2.** *Сес көрсету, сескендіру.*

**ДОМБЫТПА** зат. *Қоқан-лоқы, сес, домбай.*

**ДОМБЫТПАЛА=** ет. *Қоқан-лоқы жасау, сес көрсету.*

**ДОМБЫТУ** *Домбыт етістігінің қимыл атауы; сес көрсету.*

**ДОМДА=** ет. **1.** *Нобайлай салу, лекерлеу.* **2.** *Сомдау.*

**ДОМДАУ** зат. *Ауруға қарсы жасалатын қарапайым емдеу тәсілі.*

**ДОМЕН** [франц. domaine] зат. хим. *Химиялық біртекті ортаның электрлік, магниттік не серпімділік қасиетімен немесе бөлшектерінің реттелгендігімен ерекшеленетін аймақтары.*

**ДОМИНАНТ** [лат. dominans] зат. **1.** муз. *Әрбір ладтың, гамманың бесінші дыбыстарының аталуы.* **2.** мед. физиол. *Орталық жүйке жүйесіндегі қоздырушы басты тін.* **3**. лингв. *Негізгі, тірек, ұйытқы сөз.*

**Доминант сөз.** лингв. *Тұрақты сөз тіркестеріндегі, құрама сөз сыңарларындағы негізгі мағынаны беріп тұратын ұйытқы сөз.*

**ДОМИНАНТТЫҚ** сын. *Басымдылық.*

**ДОМИНАНТТЫЛЫҚ** зат. ***Доминанттық.***

**ДОМИНИКАЛЫҚ** зат. *Доминика Республикасының негізгі халқы.*

**ДОМИНИКАНДЫҚТАР** зат. діни. *Католизмдегі дінбұзарлармен күресу үшін монах Доминик XIII ғасырда іргесін қалаған монахтық орденнің мүшелері.*

**ДОМИНИОН** [ағыл. dominion] зат. саяси. *Ұлыбритания үкіметінің бұрынғы отар елдеріндегі үстемдігін сақтап қалу үшін енгізген басқару жүйесі.*

**ДОМИНО** [итал. domino] зат. *28 тасты ұпайлы ойын.*

**ДОМИНОШЫ** зат. спорт. *Домино ойыншысы, домино ойынын ойнайтын адам.*

**ДОМИЦИЛЬ** [лат. domicilium] зат. экон. **1.** *Вексель бойынша төлем төленетін жер.* **2.** *Адамның заңды мекенжайы.*

**ДОМКРАТ** [голл. dommekracht] зат. тех. *Жүктерді аздаған биіктікке (әдетте, 0,5–2,2 м-ге дейін) көтеруге арналған тұрақты, тасымалдағыш немесе жылжымалы механизм.*

**ДОМНА** зат. тех. ***Домнапеш.***

**Домна пеші.** *Шойын қорытатын пеш.*

**ДОМНАЛЫҚ** сын. *Домнаға тән, домнаға қатысты.*

**Домналық үдеріс.** кен. *Домна пешінде темір руда материалдарынан шойын қорыту.*

**ДОМНАПЕШ** зат. тех. *Темір кенінен шойынды қорытып шығатын шахталық пеш, арнаулы өндірістік құрылыс.*

**ДОМНАШЫ** зат. *Домнада істейтін адам.*

**ДОМОФОН** зат. *Үй, пәтер есігіне орналастырылатын, үйге кіру үшін үй иесінің рұқсатымен ғана есіктің ашылуын қамтамасыз ететін құрылғы.*

**ДОМРА** зат. муз. *Музыкалық шекті аспап.*

**ДОМРАШЫ** зат. муз. *Домрада айнаушы.*

**ДОМЫҚ=** ет. сөйл. ***Домбық.***

**ДОН** зат. **1.** *Испанияда және испан тілді елдерде мырза деген орайдағы сөз.* **2.** *Италияда дінбасылары мен дворяндардың құрметтіатағы.*

**ДОНАЛА** зат. сөйл. ***Долана.***

**ДОНДЫ** сын. жерг. *Атақты, даңқты, мықты.*

**ДОНДЫҚША** сын. жерг. *15–16 жас шамасындағы бала.*

**ДОНОР** [лат. donare] зат. мед. **1**. *Ауру адамға құю, сондай-ақ, емдік препараттар даярлау үшін өз қанын еркімен беретін адам.* **2.** *Дене мүшесі немесе тіні басқа бір ағзаға ауыстырылып салынатын ағза.*

**Донор елдер.** *Көмек беретін дамыған бай елдер.*

**ДОНОРЛЫ** сын. *Доноры бар, донор бола алатын.*

**ДОНОРЛЫҚ** сын. **1.** *Донор болатын, донорларға арналған. // Донор болушылық.* **2.** ауыс. *Қорда, жинақталған, қосымша.*

**ДОНОРЛЫҚ-АКЦЕПТОРЛЫҚ: донорлық-акцепторлық қатынас.** [лат. donore – сыйлау, құрбан ету, acceptor – қабылдағыш] биол. *Тірі ағза мүшелерінің, ұлпа, жасушааралық өсімдіктер тіршілігінің негізін құрайтын қатынас.*

**ДОҢАЙБАТ** зат. *Ызбар, сес.*

**ДОҢАЙБАТТАН=** ет. *Ызалану, ашуға булығу.*

**ДОҢҒАҚ** зат. сөйл. ***Тоңғақ.***

**ДОҢҒАЛ** сын. есім. *Онша биік емес, дөңес жер.*

**ДОҢҒАЛА=** ет. *Дөңгелену, айналу.*

**ДОҢҒАЛАҚ** зат. *Арба, мәшине, трактор сияқты көліктерді жүргізетін, қозғалысқа келтіретін, айналып тұрған білікке кигізілетін шеңбер дөңгелек.*

**ДОҢҒАЛАҚСЫЗ** сын. *Доңғалағы жоқ, доңғалақ салынбаған.*

**ДОҢҒАЛАҚТАЙ** үст. *Доңғалақ тәрізді, доңғалақ сияқты (бұрылу, дөңгелену).*

**ДОҢҒАЛАҚТЫ** сын. *Доңғалағы бар, доңғалақ салынған.*

**ДОҢҒАЛАН=** ет. сөйл. *Айналу, дөңгелену.*

**ДОҢЫЗ**[1] зат. **1.** зоол. <лат. sus scrofa> *Сүтқоректілер класының жұптұяқтылар тобына жататын жабайы шошқа.* **2.** ауыс. *Арамдығы мол, дойыр, сүйкімсіз адам.* **3.** ауыс. *Қас дұшпан.*

**Доңыз жылы.** *Қазақтың ескі жылнамасындағы жылқы жылынан кейін, тышқан жылынан бұрын келетін жыл аты.* **Доңыз қой.** *Меринос, биязы жүнді қой.*

**ДОҢЫЗ**[2] зат. бот. жерг. *Өлеңшөптің сабағы ұзын, жуан бір түрі.*

**ДОҢЫЗДАЙ** сын. *Доңыз сияқты, доңыз тәрізді.*

**ДОҢЫЗДЫҚ** зат. *Арамзалық, сұрқиялық.*

**ДОҢЫЗҚОҒА** зат. бот. *Түсі қара қоңыр қоға.*

**ДОҢЫЗОТЫ** зат. биол. *Теңіз жиегінде өсетін өсімдік.*

**ДОҢЫЗӨЛЕҢ** зат. өс. <лат. carex praecox> *Шалғындарда өсетін, мал жақсы жейтін шөп.*

**ДОҢЫЗСЫРТ** зат. өс. <лат. cobresia> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын биіктігі 15-30 см-дей көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ДОҢЫЗША** үст. *Доңыз секілді, доңыз сияқты.*

**ДОП**[1] зат. *Резеңкеден, жүннен не пластмасса сияқты басқа да серіппелі нәрседен жұмыр етіп жасалатын шар.*

**Доп қуалады.** *Футбол ойнады.* **Доп қылды.** а) *Доп сияқты ойнады.* ә) *Тағдырды, адам өмірін ойыншық етті.* **Доп қылып ойнады.** *Еркін меңгерді, өте жеңіл көрді.*

**ДОП**[2] зат. ескі. *Жауға қарсы атылатын білтелі зеңбіректің ұңғысына салынатын оқ.*

**ДОП-ДОҒАЛ** сын. *Ұшы, қыры жоқ, добал.*

**ДОП-ДОМАЛАҚ** сын. **1.** *Дөп-дөңгелек, шар тәрізді.* **2.** *Жұп-жұмыр, аласа бойлы, толықша.*

**ДОПИНГ** [ағыл. doping] зат. фарм. *Спорт нәтижесін жақсарту үшін қолданылатын, ағзаның физикалық және психикалық қызметін уақытша күшейтетін дәрмек.*

**ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ** зат. спорт. *Жарыстың алдында жасалатын, спортшының қанында допингтің бар/жоқтығын анықтайтын арнайы медициналық сараптама.*

**ДОПТАЙ** сын. *Доп сияқты, доп тәрізді.*

**ДОПТАЯҚ** зат. **1.** спорт. *Хоккей, гольф ойындарына арналған басы иіңкі таяқ.* **2.** ойын. *Балалардың жазғытұрым допты таяқпен ұрып ойнайтын ойыны.*

**ДОПТЫ: допты хоккей.** спорт. *Мұз үстінде таяқшамен кішілеу допты ұрып, қақпаға түсіру үшін ойнайтын хоккей спортының бір түрі.*

**ДОПША** үст. *Доп сияқты, допқа ұқсап.*

**Допша домалады.** *Тез домалап кетті, шапшаң айналды.*

**ДОПШАГҮЛДЕР** зат. өс. <лат. gobulariaceae> *Гүлдері қос жынысты, күлтесі қосеріңді, жапырақтары кезектесе орналасқан көпжылдық бұташық, шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ДОПШОҚПАР** зат. *Сабы кішкене, басы домалақ ағаш шоқпар.*

**ДОПШЫДАЙ** сын. *Доп ойнайтын кісідей.*

**ДОРАҚ** [ор. дурак] зат. сөйл. *Жынды, есерсоқ.*

**ДОРБА** [ир. طربه] зат. *Құрғақ тамақ, әртүрлі ұсақ-түйек салуға арналған қапшық, ыдыс.*

**Дорба ауыз.** қарап. *Салпиған, үлкен ауыз.*

**Дорба сақал.** *Қауқиған, мол сақал.*

**ДОРБАДАЙ** сын. *Дорба мөлшеріндей.*

**ДОРБА-ДОРБА** зат. *Қалта-қалта, қапшық-қапшық.*

**ДОРБАҚ** сын. сөйл. *Дорба сияқты, үлкен.*

**ДОРБАҚТАУ** сын. сөйл. *Келіссіздеу, толық.*

**ДОРБАЛА=** ет. *Дорбамен тасу, дорбамен жүру.*

**ДОРБАЛАН=** ет. *Дорба сияқты томпию, қабару, буылтықтану.*

**ДОРБАЛАНДЫР=** ет. *Томпиту, дүрдиту.*

**ДОРБАЛАҢДА=** ет. қарап. *Дорбаң-дорбаң ету, қорбаңдау.*

**ДОРБАША** зат. *Кішігірім қалта, қалташық.*

**ДОРБАШЫ** зат. зоол. *Көбелектің бір түрі.*

**ДОРБАШЫҚ** зат. *Кішкене қапшық, қалта.*

**ДОРБИ=** ет. **1.** *Суықтан, соққыдан т.б. сыртқы әсерден терінің сыртына шыға дүрдиіп, томпаюы.* **2.** *Аузын толтырып, томпайтып алу.*

**ДОРБИТ=** ет. *Аузын бұртиту.*

**ДОРДАҚ** сын. *Толық, семіз.*

**ДОРДИ=** ет. сөйл. *Дүрдию, кужірею.*

**ДОРДИТ=** ет. *Кудірейту, кужірейту.*

**ДОРЫЛДАТ=** ет. сөйл. ***Дарылдат.***

**ДОС** [ир. دوست] зат. **1.** *Бір-біріне шын көңілмен берілген сыйлас, сырлас, қимас адам.* **2.** ауыс. *Серік, жолдас.* **3.** ауыс. *Ақылшы.* **4.** ауыс. *Қамқор, жанашыр, жанкүйер адам. // Ақниет, шын сырлас.*

**Дос болды.** а) *Достасты, сыйлас, сырлас болды.* ә) *Сыйласып өтті, қадірледі, қамқор болды.* **Дос етті [қылды].** *Дос көрді, дос санады, жақын тартты.* **Досы мен қасы [бар].** *Алыс-жақыны, туысы мен жаты, жұрты.* **Дос назы.** *Жақын адамдардың бір-біріне өкпесін білдіруі.* **Досқа күлкі, дұшпанға таба болды.** *Абыройынан айырылды, ұятқа қалды, масқара болды.* **Досына бір қылым.** *Жора-жолдасына бір қалыпты.* **Досын сатты.** *Досын басқаға айырбастап кетті; жау қолына берді.* **Досы сүйініп, дұшпаны күйінді.** *Қуанышты, ел қызығардай өмір кешті, елдің алды болды.*

**ДОС-ДҰСПАН** зат. стиль. ***Дос-дұшпан.***

**ДОС-ДҰШПАН** зат. *Әркімнің өзіне белгілі, танитын, араласатын адамдары.*

**Дос-дұшпанның табасына қалдырды.** *Ұятқа қалдырды, абыройдан айырды, беделін түсірді.* **Дос-дұшпаны күлді.** *Алыс-жақын адамдар мазақ етті, табалады.*

**ДОС-ЖАР** зат. *Ізгі тілектегі ниеттес адамдар.*

**ДОС-ЖАРАН** зат. *Жақын-жуық, көңілдес, сыйлас адамдар.*

**ДОС-ЖАРАНДАУ** сын. *Жақын-жуықтау, көңілдестеу.*

**ДОС-ЖОЛДАС** зат. *Әрі сырлас, ниеттес, әрі өмірлік серік, қамқор, жанашыр адамдар.*

**ДОС-ЖОРА** зат. *Жора-жолдас, жақын-жуық.*

**ДОС-ЗАМАНДАС** зат. *Дос-жар, жақын, құрбы-құрдас.*

**ДОС-ҚҰРБЫ** зат. *Замандас, көңілдес, сырлас.*

**ДОССЫЗ** сын. *Адал ниетті адамы жоқ, досы жоқ, жолдас-жорасыз.*

**ДОССЫМАҚ** зат. экспр. *Жалған дос, дос болғансыған адам.*

**ДОССЫН=** ет. *Дос болғансу, дос көргенсу.*

**ДОСТАЙ** сын. *Дос сияқты, дос тәрізді.*

**ДОСТАС=** ет. *Дос болу, дос қылу, дос ету.*

**Достас елдер қауымдастығы.** саяси. *Экономика саласында бірге әрекет ететін мемлекеттер бірлестігі.*

**ДОСТАСТЫҚ** зат. **1.** *Елдер арасындағы өзара достық қатынас.* **2.** *Тәуелсіз мемлекеттер достастығы.*

**ДОСТАСТЫР=** ет. *Дос қылдыру, жақындастыру.*

**ДОСТАСТЫРУ** *Достастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДОСТАСУ** *Достас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дос, ниеттес болысу, жақындасу.* **2.** *Көңілдерін білдірісу, көңіл қосу.* **3.** *Араласу.*

**ДОСТАУ** сын. *Жақындау, ниеті жуық.*

**ДОСТЫМ** зат. экспр. ***Дос.*** *Досына, жолдасына қаратыла айтылатын атауыш.*

**ДОСТЫҚ** зат. **1.** *Адамдардың бір-біріне адал, қалтықсыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқарастағы қатынасы.* **2.** *Халықтар арасындағы бейбіт, ынтымақты қатынас.*

**Достығы жарасты.** *Тату-тәтті қарым-қатынаста болды.* **Достық ақыл.** *Шын ниетпен айтылған сөз, кеңес.* **Достық әзіл.** а) *Дос-жар арасындағы айтылатын, басқа да жерде зілсіз айтылатын әзіл.* ә) өнер. <франц. charge> *Адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқын немесе келбет-бейнесін ұқсата, күлкілі әрі нанымды етіп әсірелеп бейнелеу.* **Достық ән [жыр].** *Шын ниеттестік көңілді білдіретін әуен.* **Достық байланыс жасады.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттер мен елдердің т.б. ресми ұйым, ұжымдардың өзара ынтымақтастық құруы, бейбіт қатынаста болуы.* **Достық интерфейсі.** инф. <ағыл. friendly interface> *Алдын ала үйренуді қажет етпейтін жүйемен жұмыс істеу кезіндегі қажетті құралдар: меню, пішімделген экрандар, сұхбаттағы әзір жауап және т.б. пайдаланушы үшін компьютермен өзара іс-қимыл кезінде қолданылатын көрнекі, қарапайым және түсінікті құралдар.* **Достық көмек.** *Жанашырлық жәрдем, қамқорлық.* **Достық көңіл [ықылас].** *Адал ниет, шын пейіл.* **Достыққа [досқа] достық қылды.** *Шын көңілмен, ниетпен*

*берілген адамға, жасалған қарым-қатынасқа, дос адамға тән қылық жасады, жақсылықпен жауап қайтарды, достығын көрсетті.* **Достық қатынас**. *Шынайы, адал көңілмен жасалған байланыс.* **Достық қатынас орнату.** ресми. *Бейбітшілікті, ынтымақты қарым-қатынаста болу.* **Достық қоғам.** *Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға қызмет ететін қоғамдық ұйым.* **Достық құрмет [құшақ].** *Шын пейілмен көрсетілген сый, адал ниет.* **Достық лебіз [сөз, сын].** *Жанашырлық кеңес, ақыл.* **Достық рай.** *Шын пейіл, адал көңіл.* **Достық сапар.** бейн. *Тілеулестік бейбіт қарым-қатынас.* **Достық сезім.** *Адал ниет, шын пейіл.* **Достықтың қылы үзілді.** *Достығы ажырады, арасы суыды.* **Достықтың туын ұстады.** *Достықты жоғары қойды, досы үшін басын тікті.* **Достық үйі.** *Өзге мемлекеттерден келген қонақтарды қабылдап, бейресми жағдайда сөйлесетін орын (мекен).*

**ДОСТЫҚ-МӘДЕНИ: достық-мәдени байланыс.** *Ел мен елдің арасындағы, мәдениет саласындағы тұрақты байланыс.*

**ДОСТЫҚСЫЗ** сын. *Достығы жоқ.*

**ДОСТЫҚШЫЛ** сын. *Достыққа бейім, достасуға құмар.*

**ДОСТЫҚ-ЫНТЫМАҚ** зат. *Өзара бірлесіп, күш біріктіру, бірге әрекет етушілік.*

**ДОСТЫМ** зат. стиль. **1.** *Жолдас-жора, жақын-жуық адамды өзіне жақындату ретінде досым деген мағынада айтылады.* **2.** *Дос, жолдас адамды өзіне жақын тарту ретінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**ДОСША** үст. *Дос сияқты, досқа ұқсап.*

**ДОСШЫЛ** сын. *Дос табуға құмар, дос іздегіш.*

**ДОТ** зат. әск. *Ұзақ уақыт бойы қимыл жасайтын атыс ұясының орысша қысқарған аты, белгілі бір калибрлі артиллериялық снарядтарға (миналарға) қарсы төтеп бере алатын, әскерлерді, қару-жарақты, әскери техниканы қорғау үшін қолданылатын құрылыс жүйесі.*

**ДОТАЦИЯ** [лат. dotatio] зат. экон. *Кірісінен шығысы асып түсетін кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға, кейбір аймақтарға мемлекет тарапынан берілетін қосымша жәрдем қаржы.*

**ДОТБИ=** ет. сөйл. ***Дорби.***

**ДОУ: о доу.** жерг. *Біреуді мадақтау, мақтау, кекету ретінде айтылатын көңіл-күй одағайы.*

**ДОХА** зат. **1.** *Қымбат бағалы аң терісінен тігілген киімнің сыртын қаптайтын құнды мата.* **2.** *Жүні сыртына қаратылып тігілген тон.*

**ДОХАЛЫ** сын. *Доха киген, дохасы бар.*

**ДОЦЕНТ** [лат. docens] зат. ғыл. *Жоғары оқу орнындағы аға оқытушыдан жоғары, профессордан төмен штаттағы оқытушылардың ғылыми атағы және осы атаққа ие болған оқытушы.*

**ДӨДЕГЕ** зат. **1.** этн. *Қазақтың дәстүрлі баспанасындағы сән үшін үзіктің шетін айналдыра бастыратын киізден жасалып өрнектелген шағын жапсырма бұйым.* **2.** жерг. *Шатырсыз үйдің төбесінің жиегіне салынған бума қамыс.* **3.** *Ғимараттарға, тұрғын үйлерге әшекейлік реңк беру үшін оның күмбезін айналдыра жүргізілетін жолақ, жақтау немесе жиектеме.*

**ДӨДЕГЕЛІ** сын. *Дөдеге жапсырылған, дөдегесі бар.*

**ДӨДЕҢ** зат. экспр. *Өзін-өзі мадақтап, өзін артық қылып көрсетерде, мақтанғысы келгенде айтылатын сөз.*

**ДӨЙ** зат. **1.** сөйл. *Үлкен, ірі, кесек денелі адам.* **2.** *Мықты, азулы, атақты адам. // Алып туылған, ірі.*

**ДӨЙДЕЙ** сын. сөйл. *Мықты, белгілі.*

**ДӨЙ-ДӨЙ** зат. *Қорқынышты дүлей күш, алапат.*

**Дөй-дөйге басты.** *Үдеген үстіне үдей түсті, бұрынғыдан да күшейді.*

**ДӨЙЛІК** зат. *Күш көрсету, белден басушылық.*

**ДӨЙТ**[1]**: дөйт де.** *Біреудің сөзін қошеметтеп, көтермелегенде, біреуді-біреуге өшіктіріп, айдап салғанда айтылады.*

**ДӨЙТ**[2] сын. жерг. *Дүңк, қорс етпе.*

**ДӨЙТ-ДӨЙТ** од. *Рухтандырып дем беру үшін айтылатын сөз қолданыс.*

**ДӨЙТТІК** зат. *Ожар мінезділік, біртоғалық.*

**ДӨКЕЙ** сын. сөйл. **1.** *Үлкен, зор, кесек.* **2.** *Атақты, даңқты.* **3.** *Жоғары мансапты. // Қызметі жоғары, мансабы бар адам.*

**ДӨКЕЙ-ДӨКЕЙ** сын. *Үлкен-үлкен, дөй-дөй.*

**ДӨКЕЙЛІК** зат. *Ірілік, зорлық.*

**ДӨКЕЙСІН=** ет. *Үлкенсу, кісімсу.*

**ДӨКЕРЛІК** зат. жерг. ***Дөкірлік.***

**ДӨКЕТ** зат. жерг. **1.** *Үлкен пышақ.* **2.** *Біркелкі өтпейтін пышақ. // Дөкей, үлкен.*

**ДӨКПЕКТЕ=** ет. жерг. *Ентелеп есі шыға жүгіру.*

**ДӨКІР** сын. **1.** *Жүзі өткір емес, өтімсіз.* **2.** ауыс. *Тұрпайы, икемсіз.* **3.** ауыс. *Тоңмойын, дөрекі, ұрда-жық.*

**ДӨКІРЛЕУ** сын. **1.** *Тұрпайылау, дөрекілеу.* **2.** *Нәзік емес, қарабайыр.*

**ДӨКІРЛІК** зат. *Дөрекілік, тұрпайылық.*

**ДӨЛЕНЕ: дөлененi қағу.** *Аңның дегбірін алу үшін айқай салу, қиқулау.*

**ДӨЛИ=** ет. *Күші кету, болдыру.*

**ДӨМБЕЙІЛ** зат. көне. *Дөңес жер.*

**ДӨМПЕЙ** зат. жерг. *Төбешік, төмпешік.*

**ДӨМПЕЙІС** зат. жерг. *Дөңес, биіктеу жер, төмпешік.*

**ДӨМПИ=** ет. *Дөңкию, күмпию.*

**ДӨНЕЖІН** зат. *Төрт жасар ұрғашы ірі қара.*

**Дөнежін байтал.** *Төрт жасар құлындамаған ұрғашы жылқы.*

**ДӨНЕН** зат. *Төрт жасар еркек мал.*

**Дөнен бәйге.** *Дөнен жарыс.* **Дөнен итше кергіді.** *Ешкімді менсінбеді, кекірек көтерді.* **Дөнен қымыз.** этн. *Ашығаннан кейін төртінші тәулікке ауысқан қымыз.* **Дөнен өгіз.** *Төрт жасар еркек ірі қара.* **Дөнен шықты.** *Құнаннан дөнен болды, үш жастан төрт жасқа ауысты.*

**ДӨНЕНДЕЙ** сын. поэт. *Дөнен сияқты, дөнен тәрізді.*

**ДӨНЕНСІЗ** сын. *Дөнен болмаса, дөнен жоқта.*

**ДӨНЕНШЕ** зат. **1.** *Дөнен шығар кезі.* **2.** жерг. *Төрт жастағы сиыр малының ұрғашысы.*

**ДӨНЕР** түр. зат. тамақ. *Ішіне кесіліп туралған ет, қияр, қызанақ, қырыққабат т.б. көкөніс дәмдеуіштер салынып, дайындалатын орамалы нан.*

**ДӨҢ**[1] зат. *Көтеріңкі биік жер, төбешік.*

**Дөң айналмады.** *Ұзаққа бармады, көпке созылмады, ұзамады.* **Дөң айналмай.** *Көпке бармай, ұзамай, қыр аспай.* **Дөң болып қалды.** *Топырақ үйіліп, молаға айналды.*

**ДӨҢ**[2] сын. есім. **1.** *Көтеріңкі, шығыңқы.* **2.** ауыс. *Мінезсіз, дөрекі, оғаш мінезді.*

**Дөң мұрын.** *Ортасы дөңес, үлкен мұрын.*

**ДӨҢАЙБАТ** зат. ***Доңайбат.***

**Дөңайбат көрсетті.** *Сырттай айбар көрсетіп, үркітті, шошытты.*

**ДӨҢБЕК** зат. *Жуан ағаштың үлкен кесіндісі, түбірі, томар. // Ірі, үлкен, дөңбек секілді. //* ауыс. *Қозғалмайтын, ауыр қозғалатын, мінезі ауыр.*

**ДӨҢБЕКТАС**[1] зат. көне. *Қырманға жиналған дәнді дақылдарды бастыруға қолданылатын тастан жасалған көне құрал.*

**ДӨҢБЕКТАС**[2] зат. *Диаметрінің мөлшері 10 см-ден 10 м-ге дейін баратын тау жыныстарының жұмырланған сынықтары.*

**Дөңбектасты саздақ.** геогр. *Жаратылысы мореналық, селдік, делювийлік болып, ретсіз орналасқан дөңбек тастардан құралатын саздақ.*

**ДӨҢБЕКТЕЙ** сын. **1.** *Дөңбек сияқты, дөңбек тәрізді.* **2.** *Келсаптай ірі, үлкен.* **3.** *Балпиған зор денелі.*

**ДӨҢБЕКТЕН=** ет. *Ірі-ірі, үлкен болып жиналу.*

**ДӨҢБЕКШУ** *Дөңбекші етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мазасыздану, әр нәрсені бір ойлап, ұйқысы қашу, тыныштық тауып жата алмау, аунақшу.* **2.** *Тыныштық таппау, қозғалыста болу.*

**ДӨҢБЕКШІ=** ет. **1.** *Аурудан, ауыр ойдан мазасызданып аунақшу, тынышсыздану.* **2.** ауыс. бейн. *Астаң-кестең болу, астыүстіне шығу, теңселу, тербелу, шайқақтау.*

**ДӨҢБЕКШІТ=** ет. **1.** *Әрлі-берлі шайқалту.* **2.** жерг. *Отты көсеу, аударыстыру.* **3.** ауыс. *Мазасыздандыру, ұйықтатпау.*

**ДӨҢБЕКШІТУ** *Дөңбекшіт етістігінің қиыл атауы.*

**ДӨҢ-БЕЛЕС** зат. *Биік, дөң, аласа жерлердің жалпы көрінісі, атауы.*

**ДӨҢБІЛДІ** сын. *Дөңес-дөңес, дөңесі көп.*

**ДӨҢГЕЙ**[1] зат. *Дөңестеу жер.*

**ДӨҢГЕЙ**[2] зат. сөйл. ***Деңгей.***

**ДӨҢГЕЛ** зат. көне. *Дөңес жер.*

**ДӨҢГЕЛЕ=** ет. **1.** *Шыр айналып қозғалу, жылжу.* **2.** *Аунақшу, домалау.* **3.** *Дөңгелек сияқтану, жұмырлану, бұрыш шығармай, дөңгелек формаға келу.* **4.** *Шыр көбелек айналу.* **5.** ауыс. *Бәйек болу, құрдай жорғалау.* **6.** *Түлкі бұлтаққа салу, жалтару, бұлтару, қашу.* **7.** ауыс. *Өмірдегі шырғалаңның ішінде жүру.* **8.** ауыс. *Басы айналып, әлдебір сезімге берілу.*

**ДӨҢГЕЛЕК**[1] зат. **1.** сөйл. ***Доңғалақ.*** **2.** матем. ***Шеңбер.*** **3.** ауыс. *Қоғамның, өмірдің даму бағыты, беталысы.*

**ДӨҢГЕЛЕК**[2] зат. *Майға піскен жұқпа нан.*

**ДӨҢГЕЛЕК**[3] сын. *Шар сияқты, шеңбер тәрізді, жұмырланып, дөңгеленіп келген, сопақ емес.*

**Дөңгелек бет [бетті, жүз, жүзді].** *Беті (жүзі), көзі домалақ, сопақ емес.* **Дөңгелек диаграмма.** инф. <ағыл. pie chart>. *Бүтіннің бөліктерін немесе оның пайыздық құрамын дөңгелек секторлар бейнесінде көрнекі түрде көрсететін диаграмма түрі.* **Дөңгелек есеп.** *Нақтылы емес, мөлшермен алынған есеп, сан.* **Дөңгелек жүзді.** а) *Бет пішіні дөңгеленіп келген, әдемі.* ә) *Бет-әлпеті домалақтау деген мағынада.* **Дөңгелек қазы.** *Ішекке сыймағандықтан тілкем күйінде сақталған қазы.* **Дөңгелек қалпақ [бөрік].** *Жиегіне айналдыра елтірі ұсталған қалпақ, бөрік.* **Дөңгелек ойнатты [айналдырды].** *Бұйым көрмеді, күші емін-еркін жетті.* **Дөңгелек пеш.** *Бұрышы жоқ, айналдырып жасалған, аузы үстінен шығарылған, тастан, кесектен жасалған пеш.* **Дөңгелек түпті құты.** *Түбі дөңгелек, қызуға төзімді шыныдан жасалатын, ішіндегі затты қыздыруға болатын ыдыс.* **Дөңгелек үстел.** а) *Домалақ формадағы ас ішетін үстел.* ә) ресми. *Белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысуға арналған ресми жиын, мәжіліс.* **Дөңгелек шарайна.** көне. *Шарайнаның дөңгелек болып келген түрі.* **Дөңгелек шаруа [дәулет].** *Бай да емес, кедей де емес, өзіне-өзі жетерлік, орташа ауқаты бар.* **Дөңгелек шелпек.** этн. тамақ. *Тұзы татыған жылы суға, сорпаға, кейде ақ құйып, қатты илеп, дөңгелектеп жайып, майға қуырылған, күнделікті дастарқанға арналған тағам.*

**ДӨҢГЕЛЕКАУЫЗДЫЛАР** зат. зоол. <лат. cyclostomata> *Қазіргі кездегі омыртқалы жануарлардың жақсыздар тобына жататын жалғыз класы.*

**ДӨҢГЕЛЕКСІЗ** сын. *Дөңгелегі жоқ.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕ=** ет. *Шар тәріздес формаға келтіру, жұмырлап ию.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕЛІН=** ет. *Дөңгелек тәрізденү.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕН=** ет. **1.** *Дөңгелекке ұқсап тұру, домалақтану, дөңгелену.* **2.** *Жұмырлану.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕТ=** ет. *Домалақ формада жасату, домалақ қылу.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕУ**[1] сын. *Дөңгелекше келген.*

**ДӨҢГЕЛЕКТЕУ**[2] *Дөңгелекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** мат. *Нақты оң санды белгілі бір дәлдікпен оның жуық мәнімен немесе басқа бір нақты оң санмен ауыстыру.* **2.** ауыс. *Сөзін, ісін жинақтау.*

**ДӨҢГЕЛЕКТІ** сын. **1.** *Дөңгелегі бар.* **2.** *Дөңгелекке ұқсас.*

**ДӨҢГЕЛЕКТІК: бір дөңгелектік қамыр.** *Бір жайым қамыр.*

**ДӨҢГЕЛЕКШЕ**[1] зат. *Кішірек шеңбер, шеңберше.*

**ДӨҢГЕЛЕКШЕ**[2] сын. *Дөңгелек сияқты, домалақ.*

**ДӨҢГЕЛЕН=** ет. **1.** *Шеңбер сияқты дөңгелек формаға келу, шеңберлену.* **2.** *Шырқ айналу, шыр көбелек қозғалу.* **3.** *Домалау, айналу, аударылып-төңкерілу.* **4.** ауыс. *Ыңғайлану, аяқталу, даярлау.*

**ДӨҢГЕЛЕНТ=** ет. **1**. *Сақина, доға сияқты ету, дөңгелек сияқты орналастырту.* **2.** *Айналдыру, айнала қамту.* **3.** *Шыр айналдыру, өз өзегімен айналдыру.* **4.** ауыс. *Емін-еркін меңгеру, еркін әлі келу.* **5.** ауыс. *Ағыздырту, айдату, шаба жөнелту, тез қимылдату.*

**ДӨҢГЕЛЕНТУ** *Дөңгелент етістігінің қимыл атауы.*

**ДӨҢГЕЛЕҢДЕ=** ет. *Дөңгелең-дөңгелең ету.*

**ДӨҢГЕЛЕҢКІРЕ=** ет. *Дөңгелекке ұқсаңқырау, дөңгелекше келу.*

**ДӨҢГЕЛЕС=** ет. **1.** *Шыр көбелек айналып вальс билеу.* **2.** *Айнала отырысу.*

**ДӨҢГЕЛЕТ=** ет. **1**. *Домалату.* **2.** *Айналдыру.* **3.** ауыс. *Айдату, тез жүргізу, ағыздыру.* **4.** ауыс. *Емін-еркін меңгеру, бір істі жемісті жүргізу, іріп әкету.*

**ДӨҢГЕЛЕТУ** *Дөңгелет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дөңгелек ету, домалату.* **2.** ауыс. *Айналдырып әкету, дамыту.*

**ДӨҢГІЛ** зат. *Дөңес жер.*

**ДӨҢДЕЙ** сын. **1.** *Дөң сияқты.* **2.** ауыс. *Дөңкиген, үлкен.* **3.** *Дөң көлеміндей.*

**ДӨҢДЕН=** ет. *Дүңкию, томпию, дүрдию.*

**ДӨҢДЕУ** сын. *Дөңестеу, дөңкигендеу.*

**ДӨҢ-ДӨҢ** зат. *Бір емес, бір-біріне жалғасқан, әлденеше дөң.*

**ДӨҢДІ** сын. *Дөңі көп, дөң-дөң.*

**ДӨҢЕЙ** ет. *Биіктеу, көтерілу, томпаю.*

**ДӨҢЕС** зат. **1.** *Биіктеу, доғаланып шығыңқы жатқан қырдан жалпақтау, төбесі үшкір, қырлы болмайтын жер.* **2.** геогр. *Жер бедерінің ойпатқа қарсы шығыңқы, қыратты, бірақ доғалау келген, биік болғанымен төбесі жатаған бөлігі. // Шығыңқы, көтеріңкі, дүңкиген.* **3.** ауыс. *Өмірдің қиын кезеңі, сыналар шағы.*

**Дөңес көпбұрыш.** мат. *Қырлары шығыңқы көпбұрыш.* **Дөңес функция.** матем. *Дөңестігі төмен бағытталған f(x) функциясының кестесі.*

**ДӨҢЕСҚОЙ** сын. жерг. *Кедір-бұдыр, ойқы-шойқы, жатық емес.*

**ДӨҢЕСТЕЙ** сын. **1.** *Дөңес сияқты, дөңес тәрізді, биік.*

**ДӨҢЕСТЕ=** ет. *Биіктетіп көтеру, дүңкиту.*

**ДӨҢЕСТЕЛ=** ет. *Биіктетіп үйілу, көтерілу.*

**ДӨҢЕСТЕН=** ет. *Томпаю, күмпию.*

**ДӨҢЕСТЕНДІР=** ет. *Көтеріңкі, шығыңқы қылу.*

**ДӨҢЕСТЕУ** сын. *Биігірек, биіктеу, көтеріңкі.*

**ДӨҢЕСТІ** сын. *Дөңес келген, дөңестенген.*

**ДӨҢЕСТІК** зат. **1.** *Дөңеске тән қасиет, ойыс емес, көтеріңкілік.* **2.** мат. *Математикада – y=f(x) функциясы (қисық сызығы) кестесінің әрбір доғасы өзінің хордасынан төмен жатпайтындығын көрсететін қасиет.*

**ДӨҢЕСІН** сын. жерг. *Биіктеу, көтеріңкі.*

**ДӨҢКЕ** зат. жерг. *Ағаш бұтайтын құрал.*

**ДӨҢКЕС** сын. жерг. *Дүңкиген, дөңес.*

**ДӨҢКИ=** ет. **1.** *Бір заттың ерекше көтеріңкі көрінуі, бадырайып айқын шығып тұруы.* **2.** *Шермию, шартию, тырсию.* **3.** *Құржию, құжірею, теңкию (адам туралы).* **4.** *Көзге қораш, үлкен көріну (зат туралы).*

**ДӨҢКИГЕН-ДӨҢКИГЕН** сын. сөйл. экспр. *Үлкен-үлкен.*

**ДӨҢКИТ=** ет. *Әдейі дөңестеу ету, күдірейту.*

**ДӨҢКИІҢКІ** сын. *Шығыңқы, көтеріңкі.*

**ДӨҢКІ** сын. сөйл. ***Дөңес.***

**ДӨҢКІЛ** зат. *Кішкентай дөңес, көтеріңкі, шығыңқы бөлік.*

**ДӨҢКІЛДЕН=** ет. жерг. *Дөңестену.*

**ДӨҢКІЛДЕУ** сын. сөйл. ***Дөңестеу.***

**ДӨҢКІРЛЕУ** сын. жерг. *Тұрпайылау, дөрекілеу.*

**ДӨҢ-ҚЫР** зат. *Биік, дөңес қырлы жер.*

**ДӨҢМАҢДАЙ** зат. зоол. <лат. hypophthalmichthynae> *Тұқы тұқымдасына жататын балық.*

**ДӨҢСЕ** зат. сөйл. ***Дөңес.***

**ДӨҢСЕҢ** сын. жерг. *Қырын қабақ, қырбай, дүрдараз.*

**ДӨҢ-ТӨБЕ** зат. *Биіктеу дөңкиген жер, төбелер.*

**ДӨП** үст. *Дәл, нақ, түп-тура.*

**Дөп басты.** а) *Дәл тауып айтты.* ә) *Дұрыс танып білді, турасын бірден аңғарды.* б) *Керек жерін тапты, ойлаған жерден шықты.* **Дөп болды.** а) *Жақсы болды, көрім болды.* ә) *Расқа шықты, тура шықты.* **Дөп келді.** а) *Сәйкес келді, сайма-сай болды.* ә) *Сәті түсті, үстінен түсті, тура келді.* **Дөп көрді.** *Дұрыс деп санады, тура деп есептеді.* **Дөп соғу.** *Көздеген жерінен тигізу, дәлдеп ұрып жіберу.* **Дөп сілтеді.** *Дәлдеп сермеді, дәл тигізді, көздеген жерден серпіді.* **Дөп тиді.** а) *Нысанаға дәл жетті, дәлдеген жеріне тиді.* ә) *Тура түсті, дәл тапты, ойынан шықты.* **Дөп түсті.** а) *Нақпа-нақ келді, дәл болды.* ә) *Ойынан шықты, тауып айтты.* **Дөп шықты.** *Тура болды, дәл келді.*

**ДӨП-ДӨКЕЙ** сын. сөйл. экспр. *Үп-үлкен, кәдімгідей әжептәуір үлкен.*

**ДӨП-ДӨКІР** сын. сөйл. экспр. *Тұрпайы, ерсілеу.*

**ДӨП-ДӨҢГЕЛЕК** сын. **1.** *Доп-домалақ.* **2.** *Топ-томпақ, жұп-жұмыр.* **3.** *Бақырайған, қарашығы үлкен (көз).*

**ДӨП-ДӨП** үст. сөйл. ***Топ-топ.***

**ДӨПТЕ=** ет. *Дәлдеу, туралау.*

**ДӨПТЕЛ=** ет. *Тура қаратылу, дәл қойылу.*

**ДӨПТЕП** үст. *Дәл уақытында, дәлме-дәл.*

**ДӨПТЕС=** ет. *Дәлдеп түйісу.*

**ДӨРБЕТ** зат. *Моңғол тайпалары.*

**ДӨРБИ=** ет. сөйл. *Дорбию, арбию, быртию.*

**ДӨРБІТ** зат. этн. *Жылқының күшті, ірі түрі.*

**ДӨРДЕК: дөрдек ерін.** *Дүрдиген ерін.*

**ДӨРЕГЕЙ** сын. жерг. ***Дүрегей.***

**ДӨРЕКПУ** *Дөрекпі етістігінің қимыл атауы.*

**ДӨРЕКПІ=** ет. жерг. *Дүрлігу, дүрбелеңге түсу.*

**ДӨРЕКІ** сын. **1.** *Тұрпайы, анайы, тым қарабайыр (сөз, қылық).* **2.** *Бейахлақ, адамның намысын қорлайтын (іс әрекет).* **3.** *Дөкір, оспадарсыз, ұрда-жық (мінез, қимыл, т.б.).* **4.** *Оғаш, қиқы-жиқы, келіссіз.* **5.** *Жуан, нәзік емес.*

**Дөрекі мінез.** *Парықсыз, дарақы мінез.* **Дөрекі сөздер.** лингв. *Бейәдеби, бейресми қатынаста, сөйлеу стилінің қарапайым түрінде ғана қолданылатын пәс лексикалық элементтер мен тіркестер.*

**ДӨРЕКІЛЕ=** ет. *Тұрпайылау, долбарлау.*

**ДӨРЕКІЛЕН=** ет. **1.** *Дөрекі, бейәдеп мінез білдіру, жағымсыз іс істеу.* **2.** *Қарабайырлану, тұрпайылану.*

**ДӨРЕКІЛЕНДІР=** ет. *Қарабайырландыру, тұрпайыландыру.*

**ДӨРЕКІЛЕНДІРУ** *Дөңгелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ДӨРЕКІЛЕУ** сын. **1.** *Келіссіздеу, қолайсыздау.* **2.** *Ерсілеу, тұрпайылау, өрескелдеу.*

**ДӨРЕКІЛІК** зат. **1.** *Дөкірлік, оспадарсыздық, ұрда-жықтық.* **2.** *Оғаштық, келіссіздік, ебедейсіздік.* **3.** *Тұрпайылық, анайылық.* **4.** *Бейахлақтық, шектен шыққандық, өрескелдік.*

**ДӨРПІЛДЕ=** ет. жерг. ***Кеңкілдеу.***

**ДӨРТ** сан. жерг. ***Төрт.***

**ДӨШІН** сын. жерг. ***Ерекше.***

**ДРАВИДТЕР** зат. *Үндістанның оңтүстігін мекендейтін халықтар тобы.*

**ДРАГА** [ағыл. drag] зат. кен. *Су түбінен құм күйіндегі құнды минералды (құрамында алтыны, платинасы, т.б. бар) өндіретін және бос жыныстарды үйіндіге төгетін жүзбелі кен байыту кешені.*

**Драгамен қазу.** кен. *Драгамен атқарылатын, пайдалы қазбаларды қопсыту, кесектігіне қарай іріктеу, бағалы құрама бөліктерді шоғырландырып бөліп алу, бос таужыныстарды шығарып, оларды үйіндіге жеткізу үдерістерінің жиынтығы.*

**ДРАГЛАЙН** [ағыл. dragline] зат. құр. *Жұмыс құралы (шөміші) жебесіне арқанмен (көтергіш және тартқыш) асылған және өзіне қарайғы бағытта қазатын экскаватор, осы экскаватордың жұмыс жабдығы.*

**ДРАГОМАН** зат. дипл. *Шығыс елдерінде Еуропа елшіліктерінде істейтін тілмаш.*

**ДРАГУН** зат. тар. *Ұрыс кезінде аттан түсіп соғысатын атты әскердің бір түрі.*

**ДРАЙВ** зат. спорт. *Теннис ойынында допты төмен және қатты соғу.*

**ДРАЙВЕР** [ағыл. driver] зат. инф. *Компьютердің сыртқы құрылғыларымен өзара әрекеттесуін басқаратын бағдарлама.*

**ДРАЙВЕРЛІ** сын. *Драйвері бар, драйвер салынған.*

**ДРАМА** [грек. drama] зат. **1.** өнер. *Сахнада ойналатын, диалогке құрылған көркем шығарманың түрі, әбеди жанр.* **2.** әдеб. *Оқиға тартыс, не тартыстар желісіне жинақталып, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамитын театрға арналып жазылатын әдебиеттің эпос, лирика сынды үш тегінің бірі.* **3.** әдеб. *Драмалық шығармалардың трагедия, комедия сияқты бір жанры.*

**Драма театры.** өнер. *Драмалық қойылымдар көрсетілетін, ойналатын театр.* **Драма үйірмесі.** өнер. *Драмалық шығарманы оқып үйрену үшін жиналатын адамдардың тобы.*

**ДРАМАЛЫ** сын. әдеб. *Драма жанрында жазылған, драмаға құрылған.*

**ДРАМАЛЫҚ** сын. *Драмаға тән, драмаға негізделген.*

**Драмалық театр.** ***Драма театры.***

**ДРАМАТИЗМ** [грек. dramatikos] зат. әдеб. *Шығармада іс-әрекеттің шиеленісіп күшеюі.*

**ДРАМАТУРГ** зат. *Драмалық шығарма жазумен шұғылданатын жазушы.*

**ДРАМАТУРГИЯ** [грек. dramaturgia] зат. әдеб. **1.** *Драмалық шығармалардың құрылысы жайлы теория, драмалық шығармаларды зерттейтін ғылым.* **2.** *Қандай да бір халықтың немесе жазушының белгілі бір дәуір мен кезеңдегі драмалық шығармаларының жиынтығы.*

**ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ** сын. *Драматургияға тән.*

**ДРАП** [франц. drap] зат. *Жүннен жасалған сырт киімдік екі қабат қалың мата, мауыты.*

**ДРЕДНОУТ** зат. *Аса үлкен, сауытты кеме.*

**ДРЕЗИНА** [нем. Draisine] зат. көлік. *Рельспен жүргізілетін моторлы темір арба.*

**ДРЕЙФ** [голл. drijven] зат. әск. *Кеменің су бетіндегі бөлігінің өз бағыты желісінен жел әсерінен ығуы.*

**Дрейфтегі теңіз минасы.** әск. *Зәкірден дауылдың немесе кілт тартатын тралдың әсерінен үзіліп қалған, сөйтіп су бетіне қалқып шығып, жел мен ағыстың күшімен ығып жүрген зәкірлік мина.*

**ДРЕК** зат. *Ескекті кемелердің шағын зәкірі.*

**ДРЕКСЕЛЬ: дрексель шынысауыты.** *Газды жууға арналған зертханалық аспап.*

**ДРЕЛЬ** [нем. Drell] зат. ***Бұрғы*** (*кішігірім тесік тесетін аспап*).

**ДРЕН** [ағыл. drain] зат. сушар. *Грунт суларын жинауға, бұрып әкетуге және топырақ құрғатуға арналып жер астында жүргізілген жасанды су арналары (құбыр, ұңғыма, кәріз).*

**ДРЕНДЕУ** [франц. drainage]=ет. **1.** сушар. *Ашық арналардың не дрендердің көмегімен топырақты құрғақтау.* **2.** мед. *Дененің жарақаттанған жерінен бөлінетін іріңді, сары суды, т.б. сыртқа шығару.* **3.** ғарыш. *Тасығыш-ракетаға жанармай құю кезінде оның отын бағындағы газды сыртқа шығару.*

**Дрендеу мәшинелері [құбырлары].** *Кәріздеу мәшинелері (құрғатылуға тиісті жерлерді кәріздеуге арналған мәшинелер).*

**ДРЕНАЖ** [франц. drainage] зат. тех. *Жер астына қазып орнатылған трубалар мен каналдар арқылы жерді кептіру жүйесі.*

**Дренаж базисі.** сушар. *Жерасты ағын суы құйылатын орын.* **Дренаж қазбалары.** сушар. *Кен орындарын құрғату және газсыздандыру барысында сулар мен газды шығару немесе басқа бағытқа бұру үшін қолданылатын қазбалар.*

**ДРЕНАЖДАЛ=** ет. **1.** ауылшар. *Дренаж салыну, дренаж орнатылу.* **2.** сушар. *Судың ағып бөлінуі; судың, сұйық заттың өз салмағымен ағып, қатты заттан бөлініп кетуі.*

**ДРЕНАЖДЫ** сын. *Дренаж орнатылған, дренажы бар.*

**ДРЕНАЖДЫҚ** сын. *Дренажға лайықталған.*

**ДРЕССИРОВЩИК** ор. зат. цирк. ***Үйретуші*** (*хайуанаттар мен құстарға белгілі бір қимыл-қозғалысты жасатып үйрететін адам*).

**ДРИАС: дриас уақыты.** геол. *Соңғы мұзбасудың салқындау фазасы.*

**ДРИОПИТЕК** [грек. drys – ораман, pithekos – маймыл] зат. антроп. *Қазбадан табылған адам тәрізді маймылдардың бір түрі.*

**ДРОБИЛКА** зат. кен. *Кенді ұсақтап бөлшектейтін мәшине.*

**ДРОЗОФИЛА** [грек. drosos – шық, phileo – сүйемін] зат. зоол. *Жеміс шыбындары тұқымдасына жататын жәндіктер.*

**ДРОССЕЛЬ** [нем. Drossel] зат. тех. **1.** *Трубамен мөлшерлеп газ, бу, су өткізіп тұратын механизмнің бөлшегі.* **2.** электр. *Электр тізбегіндегі ток күшін реттейтін құрылғы.*

**ДРОССЕЛЬДІК** сын. *Дроссельге қатысты, дросельмен байланысты.*

**Дроссельдік клапан.** тех. *Желіде қысым айырмашылығын тудыру үшін қолданылатын клапан.*

**ДРУЖИНА** ор. зат. совет. *Ерікті түрде ұйымдасқан жасақ, топ.*

**ДРУЗ** [нем. Druse] зат. мин. *Шоғырланған кристалдардың тобы.*

**ДРУЗА** зат. ***Друз.***

**ДРУЗАЛЫҚ** сын. геол. *Друзаға тән, соған қатысты.*

**Друзалық құрылым.** геол. *Габбро, норит, троктолиттерге тән құрылым.*

**ДРУИД** зат. тар. *Кельт халықтарындағы абыз.*

**ДРУМЛИНДЕР** [ағыл. drumlin] зат. геол. *Ұзындығы 1 – 15 км, ені 100 – 200 м-ден 2 – 3 км-ге дейін жететін, биіктігі 5 – 25 м, мореналық материалдан құралған ұзынша пішінді төбелер.*

**ДУ**[1] зат. **1.** *У-шу, даң-дұң, дабыр-дүбір.* **2.** ауыс. *Той-думан, үлкен жиын, мерекелі, қызықты отырыс.* **3.** ауыс. *Дүрмек, дүбір, дақпырт. // Той немесе басқа да үлкен жиынға келген жұрт мағынасында.* **4.** ауыс.

**ДУ**[2] зат. *Қалың ну.*

**ДУ**[3] үст. *Бірден лап беріп, іле көтерді. // Дүрілдеген, дүбірлеген деген мағынада.*

**Ду берді.** *Рухтандырды, дем берді.* **Ду етті.** *Шу ете қалды, бір шуласып қалды.* ә) *Гу етті, әңгіме, өсек шықты.* **Ду көтерілді.** *Қауырт қозғалды, өре түрегелді.* **Ду күлді.** *Жаппай, бәрі бірден күлді.* **Ду күлдірді.** *Жұрттың бәрін күлкіге батырды.* **Ду күлісті.** *Бәрі бірден күлді.* **Ду қол шапалақтады [соқты].** *Жаппай, бәрі бірден қол соқты.* **Ду қостады.** *Іле көтерді, іліп әкетті.* **Ду ұрды.** *Лап беріп, жаппай қозғалды.*

**ДУ**[4] елік. *Бірден көтерілген, қыздырып әкеткен ыстықты немесе дуылдатып күйдірген, т.б. сезімді бейнелейтін сөз. // Қызу қарқын, екпін.*

**Ду еткізді.** а) *Лап еткізді, жандырды.* ә) *Шошытып жіберді, селк еткізді.* **Ду етті.** а) *Лап ете қалды, бұрқ ете түсті; лаулап жанды.* ә) *Ұялып немесе қысылғаннан, т.б қызарды, дыз етті.* б) *Быж ете қалды, құж-құж қайнады.*

**ДУА** [ар. دعاء] зат. **1.** жағымсыз. *Дуақанның жадылау, басын айналдыру арқылы біреуді өз ырқына көндіруі үшін жасайтын әрекеті.* **2.** діни. сөйл. ***Дұға.*** **3.** парапсихол. *Ерік-жігері әлсіз, тылсым күштерге сенгіш адамдардың психикасына зиянды ықпал ететін қарау әрекет.* **4.** *Әсер, ықпал.*

**Дуа берді.** *Қуат берді, күш-жігер бітті.* **Дуаға ұшырады.** *Жадыланды, басы айналды, дуаның ықпалына түсті.* **Дуа қонды [тиді, дарыды].** діни. а) *Алладан сұраған ғибадаты қабыл болып, кие тұнды, бағы жанды, берекесі кірді.* ә) *Бойына Құдайдан ерекше қасиет бітті.* б) жағымсыз. *Дуақанның басын айналдыру, жадылау әрекеті әсер етті.* **Дуа қылды [оқыды].** діни. *Дұға оқыды, Алладан тілек тілеп, ғибадат етті.* ә) *Біреудің басын айналдырып, жадылау арқылы өз ықпалына түсіру үшін қарау әрекет жасады.*

**ДУАГЕР** сын. діни. *Алладан тілек тілеп ғибадат еткіш, дуа қылғыш, дуа істегіш.*

**ДУАГӨЙ** сын. **1.** *Дуа жасағыш, жадыгөй, сиқыршы.* **2.** ауыс. *Айтқанын істететін, әмірін жүргізетін, ықпалына түсіретін.*

**ДУАДАЙ** үст. *Дуа сияқты, дуа тәрізді.*

**ДУАДАҚ** зат. **1.** *Қанаты үлкен, мойны жуан дала құсы.* **2.** зоол. <лат. otididae> *Тырна тәрізділер тобының бір тұқымдасына жататын, құрлықта жүруге, жүгіруге бейімделген үш бармағы болатын құс.*

**Дуадақ құстай жайнаңдап.** фольк. *Әдемі, әшекейлі киінген қыздың көзге бірден түсетін ырғалған жүрісін сипаттайтын бейнелі тұрақты қолданыс.*

**ДУАДАҚТАЙ** сын. *Дуадақ сияқты, дуадақ тәрізді.*

**ДУАДАҚША** үст. *Дуадақ сияқты, дуадаққа ұқсап.*

**ДУАЙЕН** [франц. doyen] зат. дипл. *Дипломатиялық корпустың басшысы.*

**ДУАЙПАТ** сын. *Долы, ашулы, дөрекі. // Жаман, арам нәрсе.*

**ДУАКЕР** сын. **1.** сөйл. ***Дуагер.*** **2.** ауыс. *Себепкер, ұйтқы.*

**ДУАКЕШ** сын. *Адамды дуалайтын.*

**ДУАҚАН** зат. жағымсыз. **1.** *Адамды өз еркінен айырып, ықпалына түсіру үшін, жадылап, басын айналдыру зиянды әрекетін жасаушы.* **2.** діни. *Дұғагөй, дұға оқығыш, дұға оқи білетін, дұғасы қабыл болғыш адам.*

**ДУАҚАНДЫҚ** зат. көне. **1.** парапсихол. *Біреудің ерік-жігеріне әсер етіп, жадылаушылық, басын айналдырумен айналысушылық.* **2.** миф. *Біреуді дуалау арқылы жадылау.*

**ДУАҚАНТ** зат. сөйл. ***Дуақан*** (*дұғасы қабыл болғыш адам, сиқыршы*).

**ДУАҚАНТТЫҚ** зат. сөйл. *Дуақан болушылық, дуақандық.*

**ДУАЛ** [ир. دیوار] зат. **1.** *Балшық, саман, шым тәрізді заттардан салынған үйді, бақты айналдыра салынған қоршау.* **2.** *Үйді айналдыра салған ағаш қоршау, қаша.* **3.** *Зауыт-фабрикалар мен гимараттарды, қоймаларды айналдыра қоршаған биік қамал.* **4.** әск. *Қорғану, бекініс үшін салынған қалқа, құрылыс.* **5.** көне. *Ертеректе қаланы жаудан қорғау үшін қатты кесектен, илеген балшық не шымнан тұрғызылатын биік, берік қоршау, бекіністі құрылыс.*

**ДУАЛА=** ет. **1.** діни. *Алладан медет, жәрдем сұрап дұға оқып ғибадат ету; көз тиюден, аурудан т.б. шипа болатын сүре, аяттарды оқу.* **2.** *Дуақанның жадылау, басын айналдыру зиянды әрекеті арқылы біреудің еркін билеп алуы.* **3.** ауыс. *Еліктіру, есін алу.*

**ДУАЛАҚ** зат. жерг. ***Дуадақ.***

**ДУАЛАҚША** үст. жерг. ***Дуадақша.***

**ДУАЛАН=** ет. **1.** *Жадылану, арбалу.* **2.** діни. *Ем-дом сұрап Аллаға жасаған ғибадаты қабылдану, шипалы болу.* **3.** ауыс. *Есі кету, қызығу, елігу. .*

**Дуаланған адамдай.** *Басын дуақан айналдырған, біреудің ықпалына түсіп, өз еркінен айырылған кісідей.*

**ДУАЛАТТЫР=** ет. *Зиянды әрекет арқылы еркінен айырту, жадылаттыру.*

**ДУАЛАУ** *Дуала етістігінің қимыл атауы; жадылау, еркінен айыру.*

**ДУАЛДЫ** сын. *Дуалы бар.*

**ДУАЛИЗМ** [лат. dualis] зат. филос. *Дүниенің негізі бір-біріне тәуелсіз екі бастама – материя мен рух дейтін, дүниенің бірлігін жақтайтын монизмге қарама-қарсы философиялық ілім. .*

**ДУАЛИСТ** зат. *Дуализм идеясын жақтаушы, дамытушы адам.*

**ДУАЛИСТІК** сын. *Дуализмге тән, дуализмге қатысты.*

**ДУАЛЫ** сын. **1.** діни. *Шипалы, Алладан сұрағаны қабыл болғыш, дәрулі.* **2.** миф. *Сиқырлы, жадыланған.* **3.** ауыс. *Қасиетті, ерекше.* **4.** ауыс. *Арқалы, арқасы бар.*

**Дуалы ауыз**. а) діни. *Алладан сұрағаны қабыл болғыш, ілімі күшті, иманы берік, ел-жұртының тілекшісі болатын (адам).* ә) *Айтқаны келгіш, көріпкелдігі бар, ботагөй.* ә) *Елге қадірлі, сөзі өтетін (адам).* **Дуалы ауызды**. *Сөзі бәтуалы, орынды, көріпкел.* **Дуалы сөз [лебіз].** *Халықты ұйытатын мәнді, мазмұнды, өтімді, иландыратын пікір.*

**ДУАЛЫҚ** зат. сөйл. діни. ***Дұғалық*** *(дуалап берген Құран сүре, аяттары жазылған тұмарша).*

**ДУАЛЫҚТАЙ** сын. *Дуалық сияқты, дуалық тәрізді.*

**ДУАМАЛ** сын. көне. *Дуаланған, дуа тиген.*

**ДУАН** [ир.دیوان] зат. **1.** *Қазақстанды отарлаушы патшалық Ресейдің қазақ даласынан қорғану, оны жаулап алу үшін салған әскери бекіністері.* **2.** көне. *Қала, кент.* **3.** тар. *Ресей империясының 1822 жылы қазақ даласына жасаған территориялық бөлінісі, округтік аймақ.* **4.** тар. *Патшалық Ресейдің 1822 территориялық бөлінісі бойынша белгіленген қазақ округтерінің орталықтары.* **5.** көне. *Қала базары.*

**ДУАНА** зат. сөйл. **1.** ***Диуана***. **2.** *Дұға оқып, дем салушы, соны кәсіп етуші адам.* **3.** ауыс. *Ісінде береке жоқ, тұрақсыз адам.*

**Дуана талағандай**. *Есін шығарғандай, берекесін кетіргендей.*

**ДУАНАДАЙ** сын. *Дуана сияқты, дуана тәрізді.*

**ДУАНАЛЫҚ** зат. **1.** *Дуана болушылық, ел адақтаушылық.* **2.** *Болжағыштық қасиет, айтқаны келушілік.* **3.** ауыс. *Елге сенгіштік, аңғалдық.*

**ДУАНАША** үст. *Дуана сияқты, дуанаға ұқсап.*

**Дуанаша талады.** *Есін шығарды, жабыла кетті.*

**ДУАНАШЫЛ** сын. сөйл. *Ел кезкіш, ел адақтағыш.*

**ДУАНБАС** зат. зоол. <лат. larus hyperboreus> *Татреңділер отрядының шағалалар тұқымдасына жататын құс.*

**ДУАНБАСЫ** зат. тар. **1.** *Қазақ даласында ресейлік отарлаушы империяның бекіткен сайланбалы лауазымы, дуанға қарасты қауымды, округті билеуші ұлық.* **2.** *Өзге елдердің қала әкімін атауда қолданылады.*

**ДУАНБЕК** зат. тар. *Ертеректегі қазақ даласындағы сайланбалы лауазым, әскерилендірген пошта бекеттерінің бастығы.*

**ДУАНДЫҚ** сын. тар. *Дуандағы, дуанға қарасты.*

**ДУАРАС** [ор. дворец] зат. көне. *Сарай, сәулім үй.*

**ДУАСЫЗ** сын. *Пәтуасыз, еліктегіш.*

**Дуасыз ауыз.** *Сөзі берекесіз, көкіме, бәтуасыз адам.* **Дуасыз сөз.** *Пәтуәсіз, мәнсіз, орынсыз айтылған сөз.*

**ДУАШЫ** зат. көне. *Дуа оқып, сиқырлық, бақсылық қылатын адам.*

**ДУБАН** зат. көне. *Әскери-әкімшілік шен.*

**ДУБЛЕР** [франц. doubleur] зат. **1.** *Негізгі рөлде ойнайтын адамды ауыстыратын қосалқы актер.* **2.** спорт. *Аяқдопта негізгі командаға қосымша құрылған топ.* **3.** *Біртектес заттарды шығаратын қосалқы кәсіпорын.* **4.** спорт. *Кинода күрделі қимыл-әрекеттер немесе қиын акробатикалық трюктер жасауды қажет ететін жағдайда негізгі актердің рөлін орындаушы.*

**ДУБЛЕТ** [франц. doublet] зат. **1.** *Біртектес екі заттың біреуі, соның екінші данасы.* **2.** лингв. *Мағынасы бірдей [тепе-тең] дыбысталуы жағынан айырмасы бар сөздер.* **3.** физ. *Бір-біріне жақын орналасқан спектрлік сызықтар жұбы.* **4.** зерг. *Бір-біріне желімделген екі бөліктен тұратын жасанды асыл тас.* **5.** әск. *Екі ұңғылы аңшы мылтығының бір мезгілде атылуы.*

**ДУБЛИКАТ** [лат. duplicatus] зат. ресми. ***Төлнұсқа*** *(түпнұсқасымен барабар заңды күші бар белгілі бір құжаттың екінші данасы).*

**ДУБЛЬ** зат. **1.** *Фильм эпизодын түсіру.* **2.** спорт. *Екі түрлі жарыста бір мезгілде жеңіске жету.*

**ДУБЛЬ-ВЕ** зат. спорт. *Футболдағы ойыншылардың шабуылға орналасу жүйесінің латын әліппесіндегі W-ны (дубль-ве) еске түсіретін көрінісі.*

**ДУБЛЯЖ** [франц. doublage] зат. кино. *Көркем фильмнің сөзін өзге тілге аударып таспаға жазу.*

**Дубляж жасаушы.** кино. *Кинофильмнің дыбысын екінші бір тілге аударушы маман.*

**ДУБНИЙ** [лат. dybnium] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы жасанды радиоактивті трансуран элементтеріне жататын химиялық элемент.*

**ДУГЛАС-АБСЦЕСС** зат. мед. *Тікішек жатыр ұңғылындағы шектелген іріңнің жиналуы.*

**ДУДА** сын. **1.** *Ұрпиген, қобыраған.* **2.** ауыс. *Күйындатқан, түтеген.*

**ДУДА-ДУ** үст. *Мәз-мейрам, у-шу.*

**ДУДА-ДУДА** сын. *Қобыраған, ұрпиген, додаланған (шаш).*

**ДУДАЛАН=** ет. **1.** *Ұрпию, ұйпалану, дода-дода болу (шаш туралы).* **2.** *Бұйраланған, шұйделенген, қобыраған.*

**ДУДАМА** зат. *У-шу, қызығы мол думан.*

**ДУДАР** сын. *Ұйысып бұйраланған, қалың, ұйпалақ.*

**Дудар бас.** а) *Шашы бұйра-бұйра, қобыраған.* ә) *Шашы бұйра-бұйра жігіт, кісі мағынасында.*

**Дудар [дода] шаш.** *Ұрпиген, дударланған шаш.*

**ДУДАРДАЙ** сын. *Қобыраған, ұрпиген.*

**ДУДАР-ДУДАР** үст. *Шашы қатты дударланған, бұйра-бұйра.*

**ДУДАРЛА=** ет. *Қобырату, ұрпиту, бұйралау.*

**ДУДАРЛАН=** ет. *Бұйралану, ұйпалақтану.*

**ДУДАРЛАНДЫР=** ет. *Бұйраландыру, ұйпалақтату.*

**ДУДАРЛАТ=** ет. *Қобырату, ұйпалату, бұйралату.*

**ДУ-ДУ**[1] үст. **1.** *Дуылдаған, у-шу болған.* **2.** *Қыза, қызыға.* **3.** *Азан-қазан, у да-шу.*

**Ду-ду әңгіме [сөз].** а) *Өсек, жел сөз, дуылдаған сөз, әңгіме.* ә) *Қызу әңгіме, әзіл-күлкі.* **Ду-ду етті.** *Дуылдаған, қызық әңгіме жасады, шуласып қалды.* **Ду-ду күлкі.** *Жаппай, бірден, бірін-бірі көтермелей, қостай күлген күлкі.*

**ДУ-ДУ**[2] елік. *Ұрғанда, ұялғанда, суыққа тоңғанда, ауырғанда т.б. болатын денедегі қызудың әсерін бейнелейтін сөз.*

**Ду-ду етті.** *Қыздырып, ысытып, шымырлатып әкетті.* **Ду-ду ұрды.** *Алақандары қызғанша қол соқты.*

**ДУ-ДУМАН** зат. *Ойын-күлкі, сауық-сайран, қызық жиын.*

**ДУ-ДҮРМЕК** зат. *Ырду-дырду.*

**ДУДЫРА=** ет. **1.** *Ұрпию, додалану, қобырау.* **2.** *Дода-додасы шығып шашылу, шашырау.*

**ДУДЫРАТ=** ет. *Қобырату, бұйралату.*

**ДУЛА**[1]**=** ет. **1.** *Дуылдау, уылдап-шуылдау.* **2.** *Думандау, қызықтау, сауық-сайран құру.* **3.** көне. *Алды-артына қарамай қашу, қатты әбігерге түсу, күйзелу.* **4.** *Көтерілу, қызығы арта түсу, қызыну.*

**ДУЛА**[2]**=** ет. *Дуылдау, қызу, бойды билеп шымырлау, ду-ду ету.*

**ДУЛАС=** ет. **1.** *Шуласу.* **2.** *Қуанысу.*

**ДУЛАТ=** ет. **1.** *Шулату, қыздыру, думандату.* **2.** *Дүрілдету, атағын шығару.*

**ДУЛЫ** сын. *Ду-думанды, қызықты.*

**ДУЛЫҒА** зат. **1.** көне. этн. *Соғысқа шыққан батырлардың басына киетін темірден, жезден жасалған баскиім.* **2.** *Солдаттар, шахтерлер және т.б. киетін металдан жасалған баскиім, каска.* **3.** поэт. *Дулыға тәрізді дөңсе келген зат, өркеш, дөңес.* **4.** жерг. *Айыр түйенің өркешінің басындағы шуда.* **5.** жерг. *Үйдің шатырының қыры, биік жері.* **6.** спорт. *Соққы алған және құлаған кезде жарақаттардан басты қорғайтын киім.*

**ДУЛЫҒАДАЙ** сын. *Дулыға сияқты, дулыға тәрізді.*

**ДУЛЫҒАЛЫ** сын. **1.** *Дулыға киген, дулығасы бар.* **2.** ауыс. *Дулыға сияқты ұшкір, бас жағы сүйір.* **3.** ауыс. *Өркеш, биік, шудалы.*

**ДУЛЫҚ=** ет. *Дуылдасу, шулау, дүрлігу.*

**ДУЛЫ-ШУЛЫ** сын. **1.** жағымсыз. *Бос сөз, айқай-шуы көп.* **2.** жағымды. *Думанды, қызығы мен шыжығы мол, бала шуына толы.*

**ДУМА** зат. саяси. *Ресейдегі заң шығаратын, әкімшілік қызметін атқаратын уәкілдік жиналыс, құрылтай, кеңес.*

**ДУМАҒАШ** зат. көне. *Жуан өскен ағаш.*

**ДУМАН** зат. **1.** *Ойын-сауық, қызық, тамаша, көңілді құрылған жиын кеш.* **2.** *Сауық құрған, қызықты кез, көңілді шақ.*

**Думанға бөледі**. *Қызыққа батырды.* **Думан етті [қылды, болды].** *Ойын-күлкіге бөледі, сауық-сайран құрғызды.* **Думан құрды.** а) *Қызық дәурен көрді, сауық құрды, қызықпен өткізді.* ә) *Сайрандады, серуендеді, тамашалады.* б) *Көңілді ойын-сауық өткізді, отырды.* **Думанның гүлі.** сөйл. *Ойын-сауықты қыздыратын, ұйымдастыруға, құруға шебер адам.*

**ДУМАНГЕР** сын. *Думаншыл, сауықшыл.*

**ДУМАНДА=** ет. **1.** *Тамашалау, қызықтау.* **2.** *Сауық-сайран құру, сайрандау, тойлау.*

**ДУМАН-ДАБЫР** зат. *Даң-дұң, у-шу.*

**ДУМАНДАЙ** сын. *Думан сияқты, думан тәрізді.*

**ДУМАНДАС** сын. *Ойын-сауықты бірге өткізетін, сауықтас.*

**ДУМАНДАС=** ет. **1.** *Шуласу, қуанысу.* **2.** *Тойлату.*

**ДУМАНДАТ=** ет. **1.** *Тойлату, сауық-сайран құру.* **2.** *Көңіл көтеру, күлкі, қуанышқа бөлету.* **3.** сөйл. экспр. жағымсыз. *Шулатып мазаны алу, басына көтеру.*

**ДУМАН-ДУ** зат. *Қуанышты, у-шу.*

**ДУМАНДЫ** сын. *Қызықты, көңілді, сауық-сайранды.*

**ДУМАНДЫ-ДҮБІРЛІ** сын. *Қызықты, шулы оқиғаға бай.*

**ДУМАН-ДЫРДУ** зат. *У-шу, ырду-дырду.*

**ДУМАНКЕШ** сын. *Думандатып жүретін, думаншыл.*

**ДУМАН-ҚЫЗЫҚ** зат. *Ойын-сауық, тамаша.*

**ДУМАН-САУЫҚ** зат. *Той-думан, ойын-күлкі, сауық-сайран.*

**ДУМАНСЫЗ** сын. *Ойын-сауықсыз, қызықсыз, жиын-дүрмексіз.*

**ДУМАН-ТОЙ** зат. *Мерекелі жиын, көңілді, салтанатты да қызық отырыс.*

**ДУМАНХАНА** зат. **1.** *Тамақ ішіліп, той-топыр, салтанат өткізетін орын.* **2.** *Мейрамхана, кафе.*

**ДУМАН-ШУ** зат. *Қызық-сайран, ырду-дырду.*

**ДУМАНШЫ** сын. *Тойшы, сауықшыл.*

**ДУМАНШЫЛ** сын. *Сауық-сайранды жақсы көретін, сауықшыл.*

**ДУМАНШЫЛДЫҚ** зат. **1.** жағымды. *Сауықшылдық, көңілділік, қызық-думанды ұнатушылық.* **2.** жағымсыз. *Бос шуды ұнатушылық, даурығушылық.*

**ДУМПКАР** [ағыл. dump-car] зат. тех. *Жүкті өзі түсіретін вагон.*

**ДУНИТ** зат. геол. *Ультранегізді интрузивтік тау жынысы [Жаңа Зеландиядағы Дун тауына қатысты аталған].*

**ДУОДЕНИТ** зат. мед. *Он екі елі ішектің қабынуы.*

**ДУОПСОНИЯ** [ағыл. duosony] зат. экон. *Нарықта толып жатқан өндірушілер ұсынатын бірдей өнімнің тек екі ғана сатып алушысы болатын жағдай.*

**ДУОПОЛИЯ** [лат. duo – екі, poleo – сатамын] зат. экон. *Нарықта бірдей өнімді ұсынатын екі өндіруші ғана болатын жағдай.*

**ДУПЛЕКС-ПРОЦЕСС** зат. кен. *Бірінен кейін бірі екі бөлек агрегатта жүзеге асырылатын металлургиялық процесс.*

**ДУПЛЕКСТІ: дуплексті байланыс.** тех. *Екіжақты телефонды, телеграфты немесе радиобайланыс.*

**ДУПЛЕТ** [франц. doublet] зат. спорт. *Биллярдта көздеген шар үстелді ернеуіне тиіп, содан әрі оны торқалтаға түсіретін соққы.*

**ДУПЛИКАЦИЯ** [лат. duplicatio] зат. биол. *Гаплоидті жиынтықтағы хромосоманың белгілі бір ауда-нының еселенуінен пайда болатын мутация.*

**ДУРАЛЮМИН** зат. хим. *Құрамында 2,2–5,2% мыс, 0,2–2,7% магний негізіндегі қорытпалардың жалпы аты.*

**ДУСТ** [ағыл. dust] зат. хим. *Зиянды жәндіктерді улау үшін жұмсалатын улы зат.*

**ДУСЫЗ-ДҮРМЕКСІЗ** сын. *Ыңсыз-шыңсыз.*

**ДУ-ТАЛАҚАЙ** үст. сөйл. ***Ту-талақай.***

**ДУ-ТАЛАПАЙ: ду-талапай болды**. сөйл. *Талапайға түсті, талапайланды.*

**ДУТАР** зат. муз. *Өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының шертіп қағып ойнайтын, екі ішекті музыкалық аспабы.*

**ДУТАРШЫ** зат. *Дутар тартатын кісі.*

**ДУТЫҢ** зат. көне. *Аймақ әкімі.*

**ДУХА** зат. көне. *Таң.*

**ДУХОВКА** ор. зат. сөйл. *Газ пешпен немесе жай пешпен жалғасқан қаңылтырдан жасалған қуыс пеш.*

**ДУХОВОЙ**: **духовой оркестр**. сөйл. ***Үрлемелі аспаптар оркестрі.***

**ДУШ** [франц. douche] зат. *Бүрке құйылған сумен шомылатын орын.*

**Душқа түсті.** *Бүрке құйылатын сумен шомылып шықты.*

**ДУШАКАР** зат. көне. *Маңдайға жазылған іс, оқыс оқиға.*

**ДУШАР[1]** [ир. دجار]: **душар болды.** а) *Кез болды, кездесті.* ә) *Бірдемеге шалдықты, біреудің немесе бір нәрсенің әсеріне түсті.* б) *Бір жаманшылыққа еріксіз тап болды, ұшырады.*

**Душар болушы.** сөйл. *Тап болушы, ұшыраған.* **Душар етті.** *Ыңғайсыз жағдайға қалдырды, ұшыратты.* **Душар келді.** *Сәйкесе кетті, кездесті.*

**ДУШАР[2]** зат. өс. *Жұлып алып, екі басын қоса бұрап, бидай бау жасайтын өсімдік.*

**ДУШАРЛАС=** ет. **1.** *Кездесу, жолығысу.* **2.** ауыс. *Тап болысу, бастарына түсу.* **3.** ауыс. *Ұшырасу, айналу, ұласу.*

**ДУШАРЛАСТЫР=** ет. *Кездестіру.*

**ДУШАРЛАСУ** *Душарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ДУШЫЛ** сын. сөйл. ***Думаншыл.***

**ДУЫЛ** зат. **1.** *У-шу, шуыл.* **2.** жағымсыз. *Мазасыз, қаңқу сөз, бос талас.* **3.** *Ду-ду ете қалған дыбыс.*

**ДУЫЛҒА** зат. сөйл. ***Дулыға.***

**ДУЫЛҒАЛЫ** сын. сөйл. ***Дулығалы.***

**ДУЫЛДА[1]=** ет. **1.** *У-шу болу, ду-ду ету.* **2.** *Қызықтап думандату, ойын-сауықта шулау, сауықтау.*

**ДУЫЛДА[2]=** ет. **1.** *Ауырғаннан, ұялғаннан, қорыққаннан дененің қызынуы.* **2.** *Оттың лапылдап, лаулап жануы.* **3.** ауыс. *Өршу, күш алу, бойды жеңу.*

**ДУЫЛДАҚ** сын. *Шуылдақ, ырду-дырду.* // *Шуылдаған, ырду-дырду болған адам.*

**ДУЫЛДАҚТАУ** сын. *Дуылдаған, у-шулау.*

**ДУЫЛДАҢҚЫРА=** ет. *Шуылдаңқырау, қызыңқырау.*

**ДУЫЛДАС=** ет. **1.** *Шуласу, дауласу, таласу.* **2.** *Думандасу, сауық құрысу.* **3.** жағымсыз. *Мазаны алып айқайлап шулау, шуылдасу.*

**ДУЫЛДАСУ** *Дуылда етістігінің қимыл атауы; шуласу.*

**ДУЫЛДАТ[1]=** ет. **1.** *Күшейту, шулату.* **2.** *Думандату, сауық құру.*

**ДУЫЛДАТ[2]=** ет. *Қыздырту, ашыту, күйдіру.*

**ДУЫЛДАТҚЫШ** сын. *Ду-ду еткізгіш, ашытқыш, қыздырғыш.*

**ДУЫЛДАТУ[1]** *Дуылдат[1] етістігінің қимыл атауы; думандату.*

**ДУЫЛДАТУ[2]** *Дуылдат[2] етістігінің қимыл атауы; қыздыру.*

**ДУЫЛДАУ[1]** *Дуылда[1] етістігінің қимыл атауы; шулау.*

**ДУЫЛДАУ[2]** *Дуылда[2] етістігінің қимыл атауы; қызыну.*

**ДУЭЛЬ** [франц. duel] зат. *Өткен ғасырдағы Батыс Еуропа елдері мен Ресейде болған жекпе-жектің түрі.*

**ДУЭЛЬ-КАРТА** зат. экон. *Жекпе-жек карта.*

**ДУЭТ** [итал. duetto] зат. муз. **1.** *Музыкалық шығарманы екі әншінің немесе екі аспаптың екі дауыспен қосылып орындауы.* **2.** *Екі әншіден құралған музыкалық топ, ансамбль түрі.*

**ДҰҒА** [ар. دعاء]. зат. **1.** діни. *Құранның қысқа аяттары.* **2.** діни. *Алладан бір істің нә-тижесі болуын, адамның амандығын, т.б. рақым, кешірім сұрау және үнемі оны еске алу мақсатымен оқылатын немесе іштей айтылатын ғибадат түрі.* **3.** миф. жағымсыз. ***Дуа*** *(біреуді жадылау, басын айналдыру мақсатымен жасалған істеген зиянды амал-әрекеті).* **4.** діни. *Қағазға жазылған, кітапқа басылған Құран аяттары мен сурелері немесе Аллаға ғибадат еткенде айтылатын тілектердің жинақ кітапшасы.* **5.** миф. *Сиқыр.*

**Дұға айтты.** діни. *Аллаға жалынды, тілек тіледі.* **Дұға арнады**. *Дұға бағыштады.* **Дұға бағыштады.** діни. а) *Ата-бабаларының немесе рухы биік болған адамдардың аруағына ақиретте салауат тілеп, сауап алу үшін Құран сүре, аяттарын оқыды.* ә) *Бір істің сәтті, ниеттің оң, амалдың нәтижелі болуын Алладан тілеп сұрады.* **Дұға берді.** діни. *Біреуге, бір іске Алладан медет, қолдау сұрады.* **Дұғаға [дұға етпекке] қол көтерді.** діни. *Алладан Құран сүре, аяттарын оқып немесе тілектерін ауызша айтып сұрау ғибадатын орындағанда алақан жайып бет сипау қимыл рәсімін жасады.* **Дұғада болды [дұғада].** діни. *Тілектестік етті, тілектес болды, Алладан біреудің тілеу, қалауын сұрады.* **Дұға дәметті.** діни. *Ата-баба аруағы, рухы тірілерден Құран сүре, аяттарын оқуды, өлгендерді зиярат етуді қалады.* **Дұға етті.** *Құран оқып, жақсы ниет білдірді.* **Дұға еттірді.** діни. *Біреуге Алладан тілеуін тілеттірді.* **Дұға етісті.** *Бірігіп Алладан тілек тілесіп, оған ғибадат жасасты.* **Дұға қонды.** *Алладан сұрағаны орындалды, тілегі қабыл болды, Алланың мейірімі түсті, құт дарыды.* **Дұға қылып түзетті.** *Болған істі Алладан сұрап өзгертті, қайтарды, басқаша нәтиже беруді тіледі.* **Дұғаменен сәлем етті.** діни. *Алланың шапағатын тілеп, амандық сұрасты, мұсылманша амандасты.* **Дұғамен тылсымдады.** *Дуақан арқылы жадылау, бойына зақым келтіру сияқты біреуге зиянды әрекет жасады.* **Дұғамен үшкірді.** діни. *Көз тиген, ауруға т.б. шалдыққан адамға Құран сүре, аяттарын оқып дем салды.* **Дұға оқу.** діни. *Құран сүрелерін дауыстап, ішінен айтып, Аллаға ғибадат ету.* **Дұға оқыған молдадайын.** *Аллаға құлшылық етіп, бұл дүниені ұмытқан молда сияқты.* **Дұға оқыды [қылды, етті]**. діни. а) *Құдайға жалынды, жалбарынды, мінажәт қылды, өтініп сұрады.* ә) *Біреуге арнап Құран сүре, аяттарын оқыды, біреудің тілеуін тіледі.* б) *Құран сүре, аяттарын оқып, Алладан медет, тілек тіледі, ғибадат етті.* в) *Рухы биік адамның, ата-бабасының т.б. аруағына Алланың салауат, медетін сұрап, тілек қылды.* **Дұға оқытты.** діни. *Біреуге дұға жасатты, Алладан тілеуін сұратты.* **Дұғасы дұрыс болмады.** діни. *Жасаған ғибадаты дұрыс қабылданбады.* **Дұғасы жібермеді.** а) діни. *Тілеген тілегі қабыл болды.* ә) жағымсыз. *Біреудің істеген, жасаған жадылау, арбауына түсті, мерт болды.* **Дұғасы қабыл болды.** діни. *Алладан сұраған тілегі орындалды, ғибадаты қабылданды.* **Дұғасына кіргізді.** діни. *Өлген кісіге тие берсін деп Құран сүре, аяттарын оқыды, Алладан рақым сұрады.* **Дұғасының ішінде болу.** діни. *Алладан тілек тілеп, рақым сұрағанда ғибадат еткенде ұмыт қалдырмау, сырт қалмау, есте ұстау.* **Дұғасы тиді.** *Біреудің қасиеті бойына да-рыды, батасы қабыл болып басына қасиет, бақ қонды.* **Дұға тіледі.** *Біреудің Аллаға құлшылық етіп, тілеуін сұрап бергенін қалады.*

**ДҰҒАГӨЙ** сын. **1.** *Алладан сұраушы, тілеуін тілеуші, тілекші.* **2.** экспр. мысқыл. *Жалған тілекші, көзбояушы, өтірік жағынушы.*

**ДҰҒАҒОЙ** сын. сөйл. ***Дұғагөй*** *(дұға оқушы).*

**ДҰҒАДАЙ** сын. *Дұға сияқты, дұға тәрізді.*

**Дұғадай жаттады [қайталады].** *Қасиетті, қастерлі сөз, заң сияқты есте сақтап, жадыдан шығармады.*

**ДҰҒАЙ**: **дұғай сәлем**. *Ыстық ықыласты, сағынышты көңілді білдіретін, қайта-қайта амандық-саулық айтқан тілек.* **Дұғай да дұғай сәлем айт.** *Қайта-қайта, көп-көп сәлем айт, ерекше сәлем жолда.*

**ДҰҒАЙ-ДҰҒАЙ** сын. экспр. *Ыстық, көп-көп (сәлем).*

**ДҰҒАЙЫ** зат. сөйл. ***Дұғай сәлем.***

**ДҰҒАКӨЙ** зат. сөйл. ***Дұғагөй.***

**ДҰҒАКӨЙДЕЙ** сын. *Дұғакөй сияқты, дұғакөй тәрізді.*

**ДҰҒАКӨЙЛІК** зат. *Дұғашыл болу, дұға етушілік, дұға арқылы емдеушілік.*

**ДҰҒАЛА=** ет. *Басын айналдыру, дуалау.*

**ДҰҒАЛАН=** ет. *Дұға оқылу.*

**ДҰҒАЛАС** сын. *Ниеттес, тілектес.*

**ДҰҒАЛЫ** сын. *Алланың мейірімі түскен, қасиетті, ерекше.*

**Дұғалы ауыз.** сөйл. ***Дуалы ауыз.*** **Дұғалы сөз.** сөйл. ***Дуалы сөз.***

**ДҰҒАЛЫҚ** зат. діни. **1.** *Қағазға, қабырғаға т.б. затқа жазылған дұға.* **2.** *Әртүрлі жағдайда Аллаға қалай ғибадат етуді үйрететін сүре, аят, тілектер, дұғалар.* **3.** *Құран сүре, аяттары жазылған бойтұмар.*

**ДҰҒАЛЫҚТАЙ** сын. *Дұғалық тәрізді, дұғалық сияқты.*

**ДҰҒАСЫЗ** сын. *Дұғасы жоқ, дұға айтылмаған, оқылмаған.*

**ДҰҒА-ТІЛЕК** зат. діни. *Алланың рақымы үшін жасаған ғибадаттар мен сұрау, тілектер.*

**ДҰҒАШ** зат. өс. <лат. koeleria> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ДҰҒАША** үст. *Дұға сықылды, дұғадай.*

**ДҰҒАШЫ** сын. *Тілеуқор, тілектес.*

**ДҰҒАШЫЛ** сын. *Дұға оқығыш, Аллаға сиынғыш.*

**ДҰДЫҒА** зат. муз. этн. *Қазақтың көне музыкалық аспабы.*

**ДҰДЫҚ** сын. сөйл. ***Тұтықпа.***

**ДҰДЫҚТАН**= ет. сөйл. ***Тұтығу.***

**ДҰЗАҚ** зат. сөйл. **1.** ***Тұзақ.*** **2.** ауыс. *Ұстап алатын амал, біреуді жалтартқызбайтын іс, сөз.*

**Дұзақ құрды.** сөйл. ***Тұзақ құрды*** *(біреуге қастандық ойлады, жолын бөгеді).* **Дұзақтан құтылды.** сөйл. ***Тұзақтан құтылды*** *(біреудің қастандығынан аман қалды, кедергі бөгеттерді айналып өтті).*

**ДҰЗАҚТА=** ет. сөйл. ***Тұзақта.*** **1.** *Жіпті мойынға, аяққа тұзақтап байлау.* **2.** ауыс. *Айтқанға көндіру, еркіне жібермеу.*

**ДҰЗАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Тұзақтай.***

**ДҰЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Тұздық.***

**ДҰЙЫМ** сын. сөйл. жерг. ***Дүйім.***

**ДҰҚАБА** зат. сөйл. ***Барқыт.***

**ДҰЛДЫҢ-ДАЛДЫҢ** сын. сөйл. *Кіресілі-шығасылы, бірде алай, бірде былай, дәлдұң.*

**ДҰП-ДҰРЫС** сын. экспр. **1.** *Оп-орынды, жөп-жөн, ып-ырас.* **2.** *Дәп-дәл, тұп-тура.*

**ДҰР** шыл. ескікіт. ***Дұр*** *(күшейткіш мән үстейтін көне көмекші сөз).*

**ДҰРЛА=** ет. көне. *Жарқылдау, жалтылдау.*

**ДҰРЫС**[1] [ир. درست] сын. **1.** *Тиісті ереже нормаға сай, тура, бабымен.* **2.** *Орынды, ретті, заңды.* **3.** *Қате емес, жөнді, жөні түзу.* **4.** *Артық, бәрінен жөн, жақсы.* **5.** *Әділ, тиесілі, сәйкес жолмен.* **6.** діни. *Оң, шариғатпен рұқсат етілген, күнә болмайтын.* **7.** *Дәлме-дәл, тұп-тура.*

**Дұрыс бөлшек.** мат. *Алымы бөлімінен кіші бөлшек.* **Дұрыс жол.** а) діни. *Хақ жолы, діни ахлаққа сәйкес, күнәдан таза бағыт.* ә) *Тура жол, оң нәтижеге әкелетін бағыт.* **Дұрыс соққы.** спорт. *Бокста - егер соққы қолғап киген жұдырықтың саусақ-білезік буынындағы ұруға рұқсат берілген бөлігімен жасалса, дұрыс деп есептеледі.* **Дұрыс сөз.** *Орынды, тура айтылған, шыншыл пікір.* **Дұрыс сөзді.** *Тура, шыншыл, орынды сөйлейтін, жөнін айтатын.*

**ДҰРЫС**[2] мод. *Мақұлдау, құптау, растауды білдіретін сөз.*

**ДҰРЫС-БҰРЫС** зат. *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз, оң-теріс. Түзу-қисық. //Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз, қате-дұрыс жерлері.*

**ДҰРЫС-БҰРЫСТЫҚ** зат. *Түзу-қисықтық, оң-терістік.*

**ДҰРЫСТА**[1]**=** ет. **1.** *Мақұлдау, қабылдау.* **2.** *Қалау, қолдау, илану.* **3.** *Дәлелдеу, дәйектеу, растау, оң екенін көрсету.*

**ДҰРЫСТА**[2]**=** ет. *Түзеу, жөндеу.*

**ДҰРЫСТАЛ=** ет. **1.** *Реттелу, жөнделу.* **2.** *Өз тәртібімен жасалу, нақышымен заңына сәйкес істелу.* **3.** ауыс. *Жасару, оңтайлану, күш алу, оңалу.*

**ДҰРЫСТАЛУ** *Дұрыстал етісінің қимыл атауы; жақсару, оңалу, күш алу.*

**ДҰРЫСТАН=** ет. сөйл. ***Дұрысталу.***

**ДҰРЫСТАҢҚЫРА=** ет. *Әбден дұрыстау, жөндей түсу.*

**ДҰРЫСТАП** үст. **1.** *Белгілі тәртіпке келтіріп, жөндеп.* **2.** *Әдемілеп, сәніне келтіріп.* **3.** *Асықпай, баппен, емін-еркін.* **4.** *Белгілі ережесі, тәртібі бойынша, өз нақышымен.* **5.** *Мықтап, әбден мұқият.*

**ДҰРЫСТАС=** ет. *Жөндесу, реттесу.*

**ДҰРЫСТАТ=** ет. *Жөндету.*

**ДҰРЫСТАУ** сын. *Дұрысырақ, басқаға қарағанда жақсырақ.*

**ДҰРЫСТАУ** *Дұрыста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Реттеу, тәртіпке келтірту.* **2.** *Жақсарту, сапасын арттыру.*

**ДҰРЫСТЫҚ** зат. **1.** *Дұрыс екендік, жаза баспағандық.* **2.** *Растық, туралық, шындық.* **3.** *Ақиқатқа, нақты ереже, жауапқа т.б. сәйкестік, дәлдік, дәйектілік.* **4.** ауыс. *Әділдік, жақсылық.*

**ДҰРЫСЫНДА** шыл. *Шындығында, ақиқатында деген мағынадағы құптау, растауды, келісуді білдіретін көмекші сөз.*

**ДҰРЫСЫРАҚ** сын. **1.** *Тереңірек, нақтырақ.* **2.** *Жөні түзу, қолайлырақ, жақсырақ.* **3.** ауыс. *Жан-жақты, егжей-тегжейлі.* **4.** ауыс. *Әлдеқайда жөндірек, артығырақ.*

**Дұрысырақ айтқанда [айтса].** *Сөйлеушінің сыпайылық көрсетіп, өз ойын кесіп айтпау үшін, бірақ оның шын тура екенін білдіретін «байыбына келгенде», «ақиқатында» деген мағынадағы қыстырма сөзқолданыс.*

**ДҰСПАН** зат. сөйл. ***Дұшпан.*** А// *Жат, жағымсыз, жаман (мінез, қылық, т.б.).*

**ДҰСПАН-ДОС** зат. сөйл. ***Дұшпан-дос.***

**ДҰСПАНДЫҚ** зат. өс. ***Дұшпандық.***

**ДҰШМАН** зат. сөйл. ***Дұшпан.***

**ДҰШПАН** [ир. دشمن] зат. 1. *Қас, жау, қара жақ.* 2. ауыс. *Зиянды, пайдасыз нәрсе.*

**Дұшпан көзі.** *Басқа кісіге сыр бермеу үшін алдын ала жасалған әрекет.*

**ДҰШПАНДАЙ** сын. *Дұшпан сияқты, дұшпан тәрізді.*

**ДҰШПАНДАС=** ет. *Жауласу, қастасу.*

**ДҰШПАНДЫ** сын. *Дұшпаны бар, дұшпаны көп.*

**ДҰШПАНДЫҚ** зат. **1.** *Қастық, жаулық, өшпенділік, арамдық.* **2.** ауыс. *Азғындық, қастандық.* **3.** ауыс. *Күндестік, бақталастық, араздық.*

**Дұшпандық ниет.** *Жаулық, бақталастық пиғыл.*

**ДҰШПАН-ҚАС** зат. *Жауласқан, қастасқан адамдар, жаулар.*

**ДҰШПАНСЫЗ** сын. *Дұшпаны жоқ, жаусыз.*

**ДҰШПАНША** зат. сөйл. *Дұшпан сияқты, дұшпанға ұқсас.*

**ДҮБӘРА** сын. **1.** малшар. *Ерте туған (төл).* **2.** ауыс. *Шикі, шала, жетілмеген, дамымаған.* // стиль. *Рухани, ахлақтық жағынан шала дамыған, тоғышар адам.* **3.** ауыс. *Екі аралықтағы, бір топтан шығып, екіншісіне өтпеген, даму үстіндегі.* **4.** ауыс. *Не олай емес, не бұлай емес, әрі-сәрі.*

**Дүбәра қауым.** жаңа. стиль. *Өзінің ұлттық бет-бейнесі, рухани тұлғасынан айырылып, мәңгүрттенген, өз ұлтын, тілін, дінін құрметтемейтін шала, еліктегіш ұрпақ.*

**ДҮБӘРА** зат. өс. жерг. ***Қияр.***

**ДҮБӘРАЛЫҚ** зат. *Әрі-сәрі болушылық, екіойлылық, екі жақтылық.*

**ДҮБЕК** зат. өс. *Темекінің хош иісті, жақсы сорты.*

**ДҮБІЛ=** ет. *Аласапыран болу, дүрлігу, дүрбелеңге түсу.*

**ДҮБІЛТ=** ет. сөйл. ***Дүрліктіру.***

**ДҮБІЛУ** *Дүбіл етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮБІЛІС**[1] зат. жерг. *Арпалыс, әуре-сарсаң, сергелдең.*

**ДҮБІЛІС**[2]**=** ет. жерг. *Ақтарылысу, дүрлігісу.*

**ДҮБІЛІС-ДҮРМЕК** зат. жерг. *Аласапыранға салынушылық, дүрлігушілік.*

**ДҮБІН=** ет. сөйл. *Дүрлігу, көтерілу, қызыну.*

**ДҮБІНУ** *Дүбін етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮБІР** зат. **1.** *Дүрсілдете басқан жүріс, ауыр заттың құлауы, қақтығыс.* **2.** ауыс. *Қызықты өмір, думанды шу.* **3.** ауыс. *Қорқыныш, үрей.* **4.** ауыс. *Аласұрған шақ, аласапыран, мазасыз кез, елші берекесінен айырылған заман.*

**Дүбірге қызды.** *Думанға елікті.* **Дүбір салды.** а) *Ойнақ салды, дүбірлетті.* ә) *Көңілге ой салды, жігерлендірді.*

**ДҮБІРАЯҚ** зат. өс. жерг. ***Қияр.***

**ДҮБІРДЕЙ** сын. *Дүбір сияқты, дүбір тәрізді.*

**Аттың дүбіріндей.** *Ат тұяғының жер соққандағы дыбысындай.*

**ДҮБІР-ДҮБІР** елік. *Дүбірлеп, дабырлап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ДҮБІР-ДҮРМЕК** зат. *Айқай-шу, думан.*

**ДҮБІРЛЕ=** ет. **1.** *Дүбір-дүбір ету, шулау.* **2.** ауыс. *Тойлау, думандату.* **3.** ауыс. *Екпіндеу, тасқындау.*

**Дүбірлей жөнелді.** бейн. *Күмбірлеген үнге толды.*

**ДҮБІРЛЕН=** ет. *Шулау, тарсылдау.*

**ДҮБІРЛЕҢ** сын. *Мазасыз, шулы, дүрмекті.*

**ДҮБІРЛЕС=** ет. *У-шу болысу, шуласу, айқайласу, дүрмек салысу.*

**ДҮБІРЛЕТ=** ет. **1.** *Дүрсілдету, тарсылдату.* **2.** ауыс. *Дүр сілкінту, шулату.*

**ДҮБІРЛЕУ** *Дүбірле етістігінің қимыл атауы; дүрсілдеу, тарсылдау.*

**ДҮБІРЛІ** сын. **1.** *Улы-шулы, дүрмекті, думанды.* **2.** ауыс. *Қарқынды, пәрменді.* **3.** ауыс.

*Дүрбелеңді, жұртты елең еткізген.* **4.** ауыс. *Жанкүйері көп жиналған қызу жарысты, аса қызықты.*

**ДҮБІРШІ** зат. көне. *Жатып тың тыңдап, алыстағы аттылардың жолын болжайтын адам, тыңшы. //Дүбір шықса елеңдеп тұра алмайтын.*

**ДҮДАМАЛ** сын. сөйл. ***Дүдәмал***. *// Жора-мал, шүбә, күдік, күмән.*

**Дүдамал болды**. *Сенер-сенбесін білмеді, күмәнданды.*

**ДҮДӘМАЛ** сын. *Екіұшты, күмәнді, белгісіз. // Жорамал, шүбә, күдік, күмән.*

**Дүдәмал болды**. *Сенер-сенбесін білмеді, түйткілденді, күмәнданды.*

**ДҮДӘМАЛДА=** ет. **1.** *Тап басып айтпау, екіұшты қылу.* **2.** *Күмәндану, шүбә келтіру.*

**ДҮДӘМАЛДАН=** ет. *Күмәндану, шүбәлану, сезіктену.*

**ДҮДӘМАЛДАНДЫР=** ет. *Шүбә келтірту, күмәндандыру.*

**ДҮДӘМАЛДАНДЫРУ** *Дүдәмалдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮДӘМАЛДАНУ** *Дүдәмалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮДӘМАЛДАУ**[1] сын. *Екіұштылау, күмәнділеу, тиянақсыздау.*

**ДҮДӘМАЛДАУ**[2] *Дүдәмалда етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮДӘМАЛДЫ** сын. сөйл. ***Дүдәмал***.

**ДҮДӘМАЛДЫҚ** зат. **1.** *Дүдәмал болушылық, сенімсіздік, күмәнділік.* **2.** ауыс. *Сенімсіздіктен, күмәнданудан болатын енжарлық, селқостық.*

**ДҮДӘМАЛДЫЛЫҚ** зат. *Дүдәмал болушылық, сенімсіздік, түсінбеушілік, күмәнділік.*

**ДҮДӘМАЛСЫЗ** сын. *Дүдәмалы жоқ, сенімді түрде.*

**ДҮДӘМАЛШЫ** зат. *Күмәнданушы, шүбәланушы.*

**ДҮДӘМАЛШЫЛ** сын. *Күмәнданғыш, күдіктенгіш.*

**ДҮЗ**[1] зат. сөйл. ***Жүз*** *(пышақ, балта, шал-ғы, орақ, қылыш сияқты заттардың кесетін өткір жағы).*

**ДҮЗ**[2] зат. сөйл. ***Түз*** *(үйден тыс жер, сырт, ен дала).*

**Дүзге шықты [отырды].** *Дәрет сындырды.*

**ДҮЗ**[3] зат. сөйл. ***Жүз***.

**Дүзі жанбайды.** сөйл. *Шіміріктпейді, ойына кіріп те шықпайды.*

**ДҮЗ=** ет. сөйл. ***Жүз***.

**ДҮЗГЕН** зат. өс. сөйл. ***Жүзген.***

**ДҮЗДЕЙ** сын. *Дүз (2) сияқты.*

**ДҮЗДЕН=** ет. сөйл. *Қайралу, өткірлену.*

**ДҮЗДЕНДІР=** ет. сөйл. *Қайрату, өткірлету.*

**ДҮЗ-ДИДАР** зат. сөйл. ***Жүз дидар.***

**ДҮЗДІ** сын. сөйл. ***Жүзді.***

**ДҮЗЕ=** ет. сөйл. ***Түзе.***

**ДҮЗЕЛ=** ет. сөйл. ***Түзел.***

**ДҮЗ-ДӨҢБЕК**: **дүз-дөңбегі жарасты**. жерг. *Отасты, тату-тәтті өмір сүрді.*

**ДҮЗҚАРА** сын. сөйл. экспр. ***Жүзіқара*** *(бетсіз, қара бет, күнәкар).*

**ДҮЗЕН** зат. өс. сөйл. ***Жүзген.***

**ДҮЗЕТ=** ет. сөйл. ***Түзет.***

**ДҮЗУ** сын. сөйл. **1.** ***Түзу***. **2.** *Дұрыс, орынды.*

**ДҮЗІК**[1] зат. сөйл. ***Жүзік.***

**ДҮЗІК**[2] сын. сөйл. ***Түзік.***

**ДҮЗІҚАРА** сын. сөйл. ***Жүзіқара.***

**ДҮЙСЕНБІ** [ир. دوشنبه] зат. *Аптаның жексенбіден соң келетін бірінші күні.*

**ДҮЙІМ** сын. *Тұтас, түгел, бүтін.*

**Дүйім ел [халық, жұрт].** *Барша қауым, барша әлеумет.*

**ДҮК-ДҮК** елік. **1.** *Тығыз жазықтыққа кішілеу, қатты заттың қайта-қайта соқтығуынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Жүрек соғысын бейнелейтін сөз.*

**ДҮКЕН**[1] [ар. دكان] зат. <франц. magazin> **1.** *Түрлі бұйымдар сататын сауда орны.* **2.** ауыс. *Іске жұмылдыратын үлгілі орын, орта.*

**Дүкен [әңгіме-дүкен] құрды.** *Думан қылды, сауық-сайран құрды, сөзге кенелтті.* **Дүкен майлау.** жерг. *Ескі діни ұғымнан туған әдет.* **Дүкен ұстады.** а) *Дүкені болды.* ә) *Ұстаханасы болды.*

**ДҮКЕН**[2] зат. *Темір ұстасының жұмыс істейтін орны, қолдан темір соғатын ұстахана.*

**Дүкенді бұзбады**. *Өмір қызығының шырқын, салтанатын кетірмеді.* **Дүкен құрды.** *Дүкенді іс соғуға лайықтап ұстахана жасады.*

**ДҮКЕНДЕЙ** сын. *Дүкен сияқты, дүкен тәрізді.*

**ДҮКЕНШЕ** зат. *Сауда жасайтын кішірек дүкен.*

**ДҮКЕНШІ** зат. **1.** *Дүкені бар, дүкен ұстайтын адам, сауда қызметкері.* **2.** ***Сатушы.***

**ДҮКЕНШІДЕЙ** сын. *Дүкенші сияқты, дүкенші тәрізді.*

**ДҮКЕНШІЛІК** зат. *Дүкенші болушылық, сатушылықты кәсіп етушілік.*

**ДҮКЕР** сын. жерг. *Зәру, қат.*

**ДҮКЕРТ** зат. жерг. *Өткір пышақ.*

**ДҮКПІЛДЕ=** ет. сөйл. *Дүк-дүк еткізу.*

**ДҮКПІЛДЕУ** *Дүкпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮКІЛ** зат. **1.** *Дүк-дүк еткен дыбыс.* **2.** *Жүрек қағысының дыбысы.*

**ДҮКІЛДЕ=** ет. **1.** *Дүк-дүк еткен дыбыс шығару.* **2.** *Тасырлау, дүрсілдеу.*

**ДҮКІЛДЕТ=** ет. *Дүк-дүк еткізіп дыбыс шығарту.*

**ДҮКІЛДЕТУ** *Дүкілдет етістігінің қимыл атауы; дүк-дүк ету.*

**ДҮКІЛДЕУ** *Дүкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮКІРЕ=** ет. сөйл. ***Дүркіре.***

**ДҮКІРТ** зат. жерг. *Қиыншылық, кедергі, тосқауыл.*

**ДҮЛДҮЛ** [ар. دلدول] зат. поэт. **1.** *Ерекше жүйрік жылқы, айтулы тұлпар ат, сәйгүлік, пырақ.* **2.** ауыс. *Өз ісінің шебері, ерекше қабілет иесі. // Аса дарынды, үздік.*

**ДҮЛДҮЛДЕЙ** сын. *Дүлдүл тәрізді, дүлдүл сияқты.*

**ДҮЛДІЛШЕ** үст. *Дүлділге ұқсап, дүлдүл тәрізденіп.*

**ДҮЛЕГЕЙ** сын. жерг. *Қажырлы, қайратты.*

**ДҮЛЕЙ** сын. **1.** *Сұрапыл, долы.* **2.** *Қара түнек, меңіреу.* **3.** ауыс. *Томырық, дүңк, ұрт.* **4.** ауыс. *Жарымес, нақұрыс, дөкір.* **5.** ауыс. *Айт-үйтқа қарамайтын, киме, ұрма.*

**Дүлей күш.** а) *Көзсіз қажыр-қайрат, үлкен күш.* ә) *Сұрапыл долы күш.* **Дүлей мұхит.** *Сұрапыл дауылды мұхит.*

**ДҮЛЕЙДЕЙ** сын. *Дүлей тәрізді, дүлей сияқты.*

**ДҮЛЕЙЛЕ=** ет. сөйл. *Алабұрттанып өршелену, сұрапылдану.*

**ДҮЛЕЙЛЕН=** ет. **1.** *Табиғат құбылыстарының алабұртып, үйытқуы, өршелене соғуы.* **2.** ауыс. *Қаһарына мініп қатулану, долдану.*

**ДҮЛЕЙЛЕНДІР=** ет. *Өршелендіру, қатуландыру.*

**ДҮЛЕЙЛЕНУ** *Дүлейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮЛЕЙЛЕТ=** ет. *Өршелендіру, қатуландыру, дүлейлендіру.*

**ДҮЛЕЙЛЕТУ** *Дүлейлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮЛЕЙЛЕУ**[1] сын. *Біршама дүлей, айтарлықтай дүлей.*

**ДҮЛЕЙЛЕУ**[2] *Дүлейле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮЛЕЙЛІ** сын. **1.** *Бұрқасынды, дауылды; ұрейлі.* **2.** ауыс. *Шабытты.*

**ДҮЛЕЙЛІК** зат. *Дүлей болушылық, тұрпайылық, дөрекілік, ожарлық, дөкірлік.*

**ДҮЛЕЙШЕ** үст. *Дүлейге ұқсап, дүлей тәрізденіп.*

**ДҮЛІКТІР=** ет. сөйл. ***Дүрліктіру.***

**ДҮЛІКТІРУ** *Дүліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМ**[1] [ир. دم] зат. **1.** *Адамның бөксесінің төменгі жағы, арты. // Жан-жануардың арт жағы.* **2.** *Бір нәрсенің арты, түп жағы.* **3.** *Балтаның, кейбір құрал-сайманның басына қарама-қарсы жағы, сабының ұшы.* **4.** *Мылтықтың иыққа тірейтін жері.* **5.** ауыс. *Қатты ашу, наразылық.*

**Дүмін басты**. *Аптыққанын басты, ентіккенін қойып, тыныстады.* **Дүмін көтермеді.** *Қайрат қылмады, орнынан қозғалмады.*

**ДҮМ**[2] сын. *Қалың, ну, сыңсыған. // Ну орман.*

**Дүм тоғай.** *Ағашы қалың тоғай.*

**ДҮМ**[3] үст. жерг. *Өте-мөте, тым, қатты.*

**Дүм берді.** *Қауырт лап берді.*

**ДҮМ**[4] зат. көне. *Рух, төзім, қайрат.*

**ДҮМБЕ** зат. жерг. *Күздік бидай.*

**ДҮМБЕЗ** зат. көне. *Бақыт құсы.*

**ДҮМБІ** зат. *Мылтықтың иыққа тірейтін жері, дүм.*

**ДҮМБІЛ**[1] сын. **1.** жерг. *Жүгерінің шала піскен сүт кезі, дүмбілез.* **2.** *Пісуі жетпеген, шикі (тағам).* **3.** ауыс. *Шала-шарпы, білмейтіні көп, ысылмаған.*

**ДҮМБІЛ**[2] зат. *Жүгерінің дәні уақ сорты.*

**ДҮМБІЛДЕЙ** сын. *Дүмбіл секілді, жүгерінің дүмбіл кезіндей.*

**ДҮМБІЛДЕУ** сын. *Онша айқын емес, көмескілеу, күңгірттеу.*

**ДҮМБІЛЕЗ** сын. **1.** *Шала піскен, толық пісіп жетпеген. //Үнсіз, жым-жырт, сыр бермей.* **2.** ауыс. *Шала сауатты, біліктілігі төмен, білімсіз.* **3.** ауыс. *Жете тексеріліп жетпеген, анықталмаған, айқын емес, көмескі.* **4.** ауыс. *Әлсіз, жетілмеген, нәзік.* **5.** ауыс. *Шолақ ойлы, ақылсыз, тереңге бармайтын.*

**ДҮМБІЛЕЗДЕН**[1]**=** ет. *Дүдәмалдану, сенімсіздену.*

**ДҮМБІЛЕЗДЕН**[2]**=** ет. *Пісіңкіремеу, шала пісіңкіреу.*

**ДҮМБІЛЕЗДЕНУ**[1] *Дүмбілезден*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІЛЕЗДЕНУ**[2] *Дүмбілезден*[2] *етістігінің қимыл атауы; шала пісіру.*

**ДҮМБІЛЕЗДЕУ** сын. **1.** *Шикілеу, шала.* **2.** ауыс. *Дүдәмалдау, әлі жетілмеген, көмескілеу, бұлдырлау.*

**ДҮМБІЛЕЗДІК** зат. *Шалағайлық, шикілік, дүдәмалдық.*

**ДҮМБІЛЕН=** ет. *Ісіңкіреу, дөңкиіңкіреу.*

**ДҮМБІЛЕНУ** *Дүмбілен етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІЛТАҒАМ** зат.тамақ. *Пайдалану үшін одан әрі толық пісіруді қажет ететін шала дайындалған тағам; шалафабрикат.*

**ДҮМБІЛТАМАҚ** зат.тамақ.

**ДҮМБІР** сын. *Үлкен, келіскен, көз тартатын.*

**ДҮМБІРЕ[1]=** ет. сөйл. **1.** *Дүмбірлеу (дүмбір-дүмбір етіп үн шығару, күмбірлеу).* **2.** *Қаңғырлау, даңғырлау.*

**ДҮМБІРЕ[2]=** ет. сөйл. *Жайнау, көз тарту, келісу.*

**ДҮМБІРЕТ=** ет. *Жайнату, келістіру.*

**ДҮМБІРЕТУ** *Дүмбірет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІРЕУ** *Дүмбіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІРЛЕ=** ет. **1.** *Дүмбір ету, күмбірлеу, саңғырлау.* **2.** ауыс. *Алып ұшу, лепіру, атағы жер жару, масаттану.* **3.** ауыс. *Сыңғырлау, жайнау.*

**ДҮМБІРЛЕК** сын. *Дүңк-дүңк етіп үн шығаратын.*

**ДҮМБІРЛЕТ=** ет. **1.** *Дүмбірлеткізу, күмбірлету, дүңкілдету.* **2.** ауыс. *Жайнату, сыңғырлату, келістіру.*

**ДҮМБІРЛЕТУ** *Дүмбірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІРЛЕУ** *Дүмбірле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМБІРЛІ** сын. *Дүмбір-дүмбір еткен.*

**ДҮМБІТ=** ет. *Желіктіру, жел беру.*

**ДҮМБІТУ** *Дүмбіт етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМДЕЙ** сын. жерг. *Дөңбектей, дардай, дәу.*

**Дүмдей болды**. а) *Үлкейді, ұп-ұлкен болды.* ә) *Өсті, ержетті, бір әрекет етуге жасы келді.*

**ДҮМ-ДҮНИЕ** зат. *Айнала, төңірек, қоршаған орта.*

**ДҮМДІ** сын. **1.** *Күшті, қайратты, қажырлы, әлді.* **2.** ауыс. *Қолында билік бар, белді, жуан, атақты. // Билік басындағылар, қолында билігі бар кісі.*

**Дүмді сөз [үн].** *Әсерлі, қатты айтылған сөз.*

**ДҮМДІЛІК** зат. *Билігі барлық, кеуделенушілік, әлділік, күштілік.*

**ДҮМЕ=** ет. *Үйіліп-төгілу, жапырласу.*

**ДҮМЕЛ=** ет. **1.** *Үйіліп-төгілу, жапырлау, жан-жақтан бәрі келу.* **2.** ауыс. *Қаптау, көбею.*

**ДҮМЕЛЕ=** ет. *Үйіліп-төгілу, жапырлау, дүмелу.*

**ДҮМЕЛЕТ=** ет. *Үйіліп-төгілдіру, жапырлату, топырлату.*

**ДҮМЕЛЕУ** *Дүмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМЕТ=** ет. *Үсті-үстіне келтіру, үйіліп-төгілдіру, топырлату, жапырлату.*

**ДҮМЕТУ** *Дүмет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМЕУ** *Дүме етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМКЕУДЕ** зат. *Мақтаншақ, ар жағында түгі жоқ құр кеуде.*

**ДҮМП** еліК. *Күрс еткен, дүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүмп етті.** *Күрс етті.*

**ДҮМП-ДҮМП** еліК. *Дүрс-дүрс, күрс-күрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүмп-дүмп етті.** *Әңгіме қайта-қайта шығады, тез-тез тарады.*

**ДҮМПИ=** ет. **1.** *Күмпиіп ісу, дүңкию.* **2.** ауыс. *Көтерілу, желпіну, масаттану.*

**ДҮМПИТ=** ет. *Күмпиту, дүңкиту.*

**ДҮМПИТУ** *Дүмпит етістігінің қимыл атауы.* **ДҮМПИЮ** *Дүмпи етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМПУ[1]** зат. **1.** *Ірі, үлкен қарулардың атылуынан, қатты денелердің соғылысуынан пайда болған күшті жарылыс, дүмпілдеген дыбыс.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің тигізген ықпалы, әсері, тегеуріні.*

**ДҮМПУ[2]** зат. физ. <лат. detonare> *Жарылғыш заттың басқа затқа химиялық ай-налу процесі.*

**ДҮМПУЛІ** сын. **1.** *Атақты, белгілі.* **2.** *Гүілдеген, дүмпілдеген, шулаған.* **3.** *Бірден, күрт өзгеретін.*

**ДҮМПУІЛ** зат. сөйл. ***Дүмпу[1]***.

**ДҮМПІ[1]=** ет. **1.** *Ісіну, күмпию.* **2.** *Дүңкию, көтерілу, томпаю. //Көтерілген сияқты.*

**ДҮМПІ[2]=** ет. *Дүңкілдеу, күрс-күрс ету.*

**ДҮМПІЛ** зат. **1.** *Күрсіл, тарсыл, дүңкіл.* **2.** ауыс. *Бірнәрсенің ықпалы, әсері, тегеуріні.*

**ДҮМПІЛДЕ=** ет. **1.** *Дүмп-дүмп еткен дыбыс шығару, дүңкілдеу.* **2.** ауыс. *Ел арасына көбірек сөз болу, кеңінен мәлім болу.*

**ДҮМПІЛДЕК** зат. зоол. *Тоқылдақ тұқымдасына жататын құс.*

**ДҮМПІЛДЕС=** ет. *Дүмп-дүмп еткен дыбыс шығарысу, дүңкілдесу.*

**ДҮМПІЛДЕСУ** *Дүмпілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМПІЛДЕТ=** ет. **1.** *Дүңкілдету, дүмп-дүмп еткізу.* **2.** ауыс. *Үдету, гүілдету, күшейту.*

**ДҮМПІЛДЕТУ** *Дүмпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМПІЛДЕУ** *Дүмпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮМПІТ[1]=** ет. ***Дүмпілдет***.

**ДҮМПІТ[2]** = ет. **1.** *Ісіндіру, дүңкиту.* **2.** ауыс. *Дүр сілкіндіру, шымырлату.*

**ДҮМПІТКІШ** зат. кен. *Бастапқы қозғау-шы күштің (импульстің) көмегімен жарылғыш заттың жарылысын қамтамасыз ететін құрал.*

**ДҮМПІТУ** *Дүмпіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дүр сілкіндіру.* **2.** *Әңгімені қоюлату, үдету, гөйіту.*

**ДҮМШЕ** зат. жерг. *Шай шығаратын аққұман.*

**ДҮМШЕ** сын. *Шаласауатты, жөнді білім алмаған, іс білмейтін, дүбара.*

**Дүмше заман.** *Елді сауатсыздық жайлаған бейберекет кез.* **Дүмше молда**. *Шаласауатты, Құранды жетік білмейтін молда.*

**ДҮМШЕДЕЙ[1]** сын. *Дүмше молда сияқты, дүмше бастыққа ұқсас.*

**ДҮМШЕДЕЙ[2]** сын. *Дүмше сияқты кішкен-тай, домаланған.*

**ДҮМШЕЛІК** зат. *Дүмше болушылық, білімсіздік, білместік, надандық.*

**ДҮМІЛ=** ет. жерг. *Үймелеу, жапырлау.*

**ДҮН**: **дүн соққанда.** сөйл. ***Жын соққанда***.

**ДҮНГЕН** зат. *Тілі қытай-тибет тобына жататын мұсылман діндегі ұлт, халық.*

**ДҮНГЕНШАЙ** зат. өс. *Биіктігі 20-30 сантиметрдей тауда өсетін сарыгүлді шөп.*

**ДҮНГЕНШЕ** үст. **1.** *Дүнген тілінде (сөйлеу, айту, жазу).* **2.** *Дүнген халқының ұлттық киімімен.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕ=** ет. *Дүнген тілінде сөйлеу, дүнген тіліне аудару.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕС=** ет. *Дүнген тілінде сөйлесу.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕСУ** *Дүнгеншелес етістігі-нің қимыл атауы.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕТ=** ет. *Дүнген тіліне тәржімалату.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕТУ** *Дүнгеншелет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮНГЕНШЕЛЕУ** *Дүнгеншеле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮНДИ=** ет. сөйл. ***Дүрдию***.

**ДҮН-ДҮНИЕ** зат. сөйл. *Тіршілік, дүние-мүлік.*

**ДҮНИӘУИ** сын. ескікіт. *Дүнияуи.*

**ДҮНИЕ** [ар. دنيا] зат. **1.** *Өмір, тіршілік.* **2.** *Жиған-терген мүкамал, мүлік.* **3.** *Тұтыну заттары, керек-жарақ.* **4.** *Жиһаз, үй мүлкі.* **5.** *Құнды еңбек, қымбат туынды.* **6.** *Әлем, жер-жүзі, жиһан.* **7.** *Жер беті, реалды өмір.* **8.** *Табиғат, жаратылыс, айнала, төңірек, қоршаған орта.* **9.** *Табиғат пен қоғамда қалыптасатын белгілі бір орта.* **10.** *Қазына, қамба, көмбе.* **11.** ауыс. *Белгілі бір мән-мағынаға қатысты іс-әрекет.* **12.** ауыс. *Белгілі бір сөздермен қосылып, мол, көп деген ұғымды білдіреді. // Жаратқан ие, Алла тағала, жер-ана деген мағынада айтылатын қаратпа қызметінде қолданылады.*

**Дүние айналған мұхит.** көне. *Құрлықты қоршап жатқан телегей теңіз, мұхит.* **Дүние бақи**. *Өлген, өмірден өткен.* **Дүние боқ.** а) *Опасыз өмір, алдамшы тіршілік.* ә) *Құ тірлік, материалды өмір.* **Дүние бөліктері**. *Жер бетіндегі құрлықтардың тарихи қалыптасқан бөліктері.* **Дүние бүлінді**. *Іс насырға шапты.* **Дүние бітім.** көне. *Әлем, тіршілік.* **Дүниеге бой алдырды**. *Байлықтың қызығына түсті.* **Дүниеге енді келді.** *Жаңа туды, жаңа ғана жарық көрді.* **Дүниеге келді**. стиль. а) *Туды.* ә) *Пайда болды, іс жүзінде көрінді.* **Дүниеге кең**. *Жомарт, пейілі кең.* **Дүниеге көзқарас**. *Біртұтас дүниеге қатысты бағдарлар кешені.* **Дүниеге [көзі] тоймады**. *Жиған-терген байлығын қанағат тұтпады, нысапсыз болды.* **Дүниеге шықты.** сөйл. *Өмірге келді.* **Дүниеден баз кешу**. *Дүниені макрұм ету, тіршіліктен қашу.* **Дүниеден безді**. *Өмірден күдер үзді, дүние қумады.* **Дүниеден бой салды.** *Дүние салды, қайтыс болды.* **Дүниеден [өмірден, жалғаннан] көшті.** *О дүниелік болды, қайтыс болды.* **Дүниеден күдер үзді.** *Өмірден түңілді.* **Дүниеден қайтты [өтті, кетті, көшті, озды].** стиль. *Қайтыс болды, өлді.* **Дүниеден [өмірден] тойды.** *Тұрмыстан соққы көрді.* **Дүниеде теңдесі жоқ.** *Еш нәрсе оған тең келмейді.* **Дүние дөңгелейді.** а) *Өмір зырылдап өтеді.* ә) *Басы айналды.* б) *Дүние, әлем керемет болып көрінеді.* **Дүние ені жалпақ, түбі терең.** бейн. *Осы дүниенің, тіршіліктің ұшы-қиыры жоқ, дүниелік қызық пен байлықтың шегіне жете алмайсың деген мағынада.* **Дүние есігін ашты**. а) *Қарсы алды.* ә) *Жаңа нәрсені танып-білді, бір іске көзі жетті, білім алды.* б) *Туды, өмірге келді.* **Дүние жалған**. *Дүние мәңгілік емес, тез өтеді деген мағынадағы қолданыс.* **Дүние жүйелері**. *Астрономияда аспан денелерінің, яғни Жер, Күн, Ай және планеталардың құрылысы жөніндегі түсініктерді белгілеу үшін қолданылатын термин.* **Дүние – киік, адам – ит.** окказ. бейн. *Осы дүниеде адам көксеген мақсатына түпкілікті жете алмайды, үнемі соған қарай ұмтылуда болады.* **Дүние кезді**. *Көп жерді аралады, әлемді шарлады.* **Дүние кезек**. *Өмір бірде олай, бірде былай, құбылмалы, өзгермелі.* **Дүние керуен.** поэт. *Бақ-дәулет, байлық ұзақ тұрақтамайды, көшіп жүреді деген мағынада.* **Дүние көрді**. *Болымсыз нәрсені әлдеқандай етті.* **Дүние қуды.** *Дүние-мүлікке, пайдаға қызықты, дүние жинауға тырысты.* **Дүниені аударып-төңкерді**. *Былықтырды, бәрін араластырды.* **Дүниені билеу.** *Бүкіл әлемді бағындырды, дүние жүзіне үстемдік етті.* **Дүниені бір тиын [есеп] көрмеді.** *Мал-мүліктің бетіне қарамады.* **Дүниені дүр сілкіндірді.** *Әлемге аян болды, бәрін таңғалдырды, атағы дүркіреді, білді.* **Дүниені кең салды**. *Емін-еркін дәурен сүрді.* **Дүниені кеңітті.** *Жағдайды жайдарылатты, жайдары қалыпқа түсірді.* **Дүниені көздеді.** *Дүниені мақсат етті, арман қылды.* **Дүниені көрген.** *Өмірден танып-білгені көп, өмірлік тәжірибе жинақтаған.* **Дүниені қан сасытты**. *Ойран-топыр қылды, қан сасытты қырып-жойды.* **Дүниені қараң қылды [талақ етті].** а) *Әлемді тас-талқан етті.* ә) *Тіршілікті қиды, өмірден күдер үзді, тастады.* **Дүниенің бейнетін тартты**

**[машақатын шекті].** *Қорлық көрді, бейнет шекті.* **Дүниенің бұты бір-ақ тиын**. *Бәрібір, не болса ол болсын деген мағынадағы сөз қолданыс.* **Дүниенің дәм-тұзын татты**. *Біраз жерді аралады, өмірдің ащы-тұщысын көрді.* **Дүниенің дөңгелегі.** поэт. *Өмір, тіршілік.* **Дүниенің [өмірдің, күннің] есігі ашылды.** *Бетбұрыс кезең басталды.* **Дүниенің жартысындай**. *Өте үлкен, зор.* **Дүниенің соңына түсті.** *Дүние-мүлікке тоймады, дүние қуды.* **Дүниенің тозағы**. *Өмірдің соры, тіршіліктің қорлығы.* **Дүниенің төрт бұрышы.** *Бүкіл әлем, барлық жер шары.* **Дүниенің тұтқасын ұстады**. *Билік өз қолында болды, бәрін билеп-төстеді.* **Дүниенің тұтқасын ұстап тұрды.** *Болып-толды, билеп-төстеді, дүниеге тірек болды.* **Дүниенің тілін білді**. *Өмір сүре алды, өмірдің қыр-сырын білді.* **Дүниені тәрік қылды**. *Дүниеден безді.* **Дүниені үш айналды**. *Жер-көкті түгел кезді, шарлады.* **Дүниені шайқап өтті**. *Өмірдің бар қызығын көрді, той-думанмен өткізді.* **Дүние осі**. геогр. *Аспан сферасының центрі арқылы өтетін және жердің айналу осіне параллель түзу сызық.* **Дүние өртеніп бара жатса да**... *Қандай сұмдық болса да, қиыншылыққа тап болса да.* **Дүние өтті**. *Тіршілік өмір артта қалды.* **Дүние полюстері**. геогр. *Дүние осінің аспан сферасымен қиылысу нүктелері, әлем полюстері.* **Дүние пұлы.** *Өте көп ақша, қаржы.* **Дүние салды.** *Қайтыс болды, көз жұмды.* **Дүние сарсаң**. *Әуре, сергелдең, бос сандалыс.* **Дүние сөзі**. *Күнделікті тіршілікке қатысты әңгіме.* **Дүние сыртын берді.** *Бақ-дәулет тайды, бақ кетті.* **Дүниесі [шаруасы] түгел.** *Барлығы өз орнында, көңілі тоқ.* **Дүниесі тар**. *Көңілі алаң.* **Дүние [дүн-дүние] төңкерілді.** *Астан-кестеңі шықты, күрт өзгерді.* **Дүние түгел.** *Бәрі өз орнында, бәз баягыдай.* **Дүние шары.** көне. *Дүниенің төрт бұрышы.* **Дүние – шыр айналған бір дөңгелек.** бейн. *Өзгермелі, құбылмалы дүние.* **Дүниеге сатты.** *Дүниелік нәрселерге, ақшаға, малға, затқа айырбастады.*

**ДҮНИЕ-АЙ** од. *Шіркін-ай, өмір-ай, заман-ай деген секілді, адамның әртүрлі көңіл күйін білдіреді.*

**ДҮНИЕ-БАЙЛЫҚ** зат. *Барлық қазына-мүлік, дәулет.*

**ДҮНИЕБӨЛІС** зат. саяси. *Дүниежүзілік соғыстан кейін не мемлекетаралық келісім бойынша алпауыт елдердің шекара белгілеу, жер иемдену ісі.*

**ДҮНИЕДЕЙ** сын. **1.** *Өмірдей.* **2.** *Нәрседей.* **3.** *Қазынадай, қымбат заттай.*

**Дүниедей болып**. *Өзінше кеуде көтергенсіп, әлдеқандай болып; асып-тасып.* **Дүниедей көрді**. *Әлдеқандай санады.*

**ДҮНИЕЖАНДЫ** сын. *Дүниеқор, дүние-мүлікті ұнататын.*

**ДҮНИЕЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Дүниежанды болушылық.*

**ДҮНИЕ-ЖИҺАЗ** зат. *Күнделікті тұрмысқа қажетті заттар мен мүліктер, жиһаздар.*

**ДҮНИЕЖҮЗІ** зат. *Бар әлем, ғалам, жер жүзі.*

**Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы.** *Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында құрылған халықаралық қоғамдық ұйым.* **Дүниежүзі тілдері**. *Әлемде бар барлық тілдер, халықтар тілдерінің жиынтық атауы.*

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК** сын. **1.** *Дүниежүзіне қатысты, бүкіләлемдік.* **2.** *Танымал, атақты.*

**Дүниежүзілік аренаға шықты [аренада мәлім болды].** кіт. *Дүниежүзілік кеңістікке, аймаққа таралды.* **Дүниежүзілік валюта жүйесі.** қаржы. *Дүниежүзілік шаруашылық байланыстардан туындаған валюта-экономикалық қатынастардың жиынтығы.* **Дүниежүзілік мұхиттың белдемділігі**. геогр. *Мұхит суы қасиеттерінің (температурасы, тұздылығы, химиялық элементтері, органикалық дүниесі) таралу заңдылықтары.* **Дүниежүзілік сауда ұйымы.** экон. *1995 жылға дейін Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім деп аталып келген халықаралық сауда ұйымы.* **Дүниежүзілік уақыт.** геогр. *Бастапқы (нөлінші) меридианның орташа күн уақыты.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗ** сын. *Дүниеқор, дүниежанды, дүние жинауға тоймайтын.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДАН=** ет. *Дүние жинауға, байлық жинауға құнығып кету, дүниежанды болу.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНДЫР=** ет. *Дүние жинауға, байлық жинауға құнықтыру, дүниежанды ету.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНДЫРУ** *Дүниеқоңыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНУ** *Дүниеқоңыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДАУ** сын. *Дүниеге жақындау, байлыққа құмарлау, дүниеқорлау.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫҚ** зат. *Дүниеқоңыз болушылық, дүниеқорлық.*

**ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Дүниеқоңыздық***.

**ДҮНИЕҚОР** сын. **1.** *Дүниеқоңыз, дүние-құмар.* **2.** ауыс. *Дүниеге жаны ашығыш, құнттағыш, обалсынғыш.*

**ДҮНИЕҚОРЛАН=** ет. *Дүние жинауға, бай-лық жинауға құнығып кету, дүниеқоңыздану.*

**ДҮНИЕҚОРЛАНУ** *Дүниеқорлан етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮНИЕҚОРЛАУ** сын. *Дүниежандылау, дүниеқоңыздау, дүниеге жақындау.*

**ДҮНИЕҚОРЛЫҚ** зат. *Дүниеқор болушылық, дүниеқоңыздық, дүниежандылық.*

**ДҮНИЕҚҰМАР** сын. *Дүниежанды, дүние, мал-мүлікті ұнататын, қызыққыш.*

**ДҮНИЕҚҰМАРДАЙ** сын. *Дүниеқұмар сияқты, дүниеқұмар тәрізді.*

**ДҮНИЕҚҰМАРЛАН=** ет. *Дүние жинауға, байлыққа ие болуға құнығу.*

**ДҮНИЕҚҰМАРЛАНУ** *Дүниеқұмарлан етістігінің қимыл атауы. .*

**ДҮНИЕҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Дүниеқұмар болушылық.*

**ДҮНИЕҚҰМАРША** үст. *Дүниеқұмарға ұқсап, дүниеқұмар тәрізденіп.*

**ДҮНИЕЛІ** сын. *Дүниесі көп, мүлікті, жиһазды.*

**ДҮНИЕЛІК**[1] зат. **1.** *Дүние-мүлік, бұйым, жиһаз.* **2.** *Керек-жарақ зат.* **3.** *Қастер тұтар естелік, ескерткіш нәрсе.*

**Дүниелік жинады.** *Дүниелік жинастырды, дүниесін көбейтті.*

**ДҮНИЕЛІК**[2] сын. **1.** *Дүниежүзілік, әлемдік.* **2.** *Танымал, атақты.*

**ДҮНИЕЛІКТЕЙ** сын. *Дүниелік сияқты, нәрседей.*

**ДҮНИЕ-МАЛ** зат. **1.** *Байлық, қазына.* **2.** *Несібе, дәулет.*

**ДҮНИЕ-МҮКӘММАЛ** зат. *Барлық жиған-терген зат.*

**ДҮНИЕ-МҮЛІК** зат. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* **2.** *Жиған-терген, дүниелік.* **3.** *Дәулет, байлық.*

**ДҮНИЕ-МҮЛІКТІ** сын. *Дүниесі жеткілікті, мүлікті, жиһазды.*

**ДҮНИЕ-ПҰЛ** зат. *Дүниелік, ақша-қаражат.*

**ДҮНИЕСЫМАҚ** зат. экспр. *Туындысымақ, әйтеуір шығарма деген аты бар.*

**ДҮНИЕТАНУ** зат. **1.** *Айнала, қоршаған әлем туралы алғашқы білім беретін бастауыш сыныптың пән атауы.* **2.** ***Дүниетаным***.

**ДҮНИЕТАНЫМ** зат. **1.** филос. *Шындық-қа қатынасын анықтайтын қағидаттар мен көзқарастар, пайымдаулар жиынтығы.* **2.** *Дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті.* **3.** *Ой-сана, адамның дүниияуи білімдер жүйесі.*

**ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ** сын. филос. *Дүниетанымға қатысты, соған тән.*

**ДҮНИЕТҮЙСІНУ** зат. *Дүниетаным, әлем, жаратылыс туралы пайым, түсінік.*

**ДҮНИЕШЕ** үст. *Дүние сияқтанып, дүние-ге ұқсап.*

**ДҮНИЕШІЛ** сын. *Дүниеқор, дүниеқұмар, дүниежанды.*

**ДҮНИЕШІЛДІК** зат. *Дүниешіл болушылық, дүниеқоңыздық, дүниеқорлық.*

**ДҮНИЯ** зат. ескікіт. ***Дүние***.

**Дүния көрді**. *Өмір көрді, жаңа сатыға көтерілді, елге танылды.*

**ДҮНИЯАТ** зат. көне. *Ғалам; жарық дүние.*

**ДҮНИЯУИ** [ар. دنياوى] сын. ескікіт. **1.** *Дүниелік, дүния.* **2.** *Материалды дүниеге тән, тұрмыс-тіршілікке қатысты.* **3.** *Жаратылыстануға қатысты.*

**Дүнияуи әдебиет.** *Дүниежүзілік әдебиет.*

**ДҮҢ**[1] елік. *Ауыр зат құлағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүң еткізді.** *Еш нәрсеге қарамады, елемей айтып салды.* **Дүң тиді**. *Ауыр тиді, дөрекі тиді.*

**ДҮҢ**[2]: **дүң қарағай**. *Зәулім биік қарағай, алып қарағай.*

**ДҮҢГУ** *Дүңгі етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢГІ=** ет. *Дүңк-дүңк еткізу, дүңгіру.*

**ДҮҢГІЛШЕ** зат. өс. *Далалық шабындықтарда, тың жерлерде өсетін, біржылдық, басында гүл аналығы бар өсімдік.*

**ДҮҢГІР**[1] зат. *Ішіне сұйықтық құйылатын, тұрмыста пайдаланылатын темір ыдыс.*

**ДҮҢГІР**[2] елік. *Бос, іші қуыс заттың басқа затқа соғылуынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүңгір етті**. *Салдыр-гүлдір, даңғыр етті.*

**ДҮҢГІР-ДҮҢГІР** елік. *Шектеулі, көлемі аз кеңістіктің ішінен қатты шықпай, даңғырламай естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүңгір-дүңгір етті.** *Дүңгірледі, күңгірледі.*

**ДҮҢГІРЕ** =ет. сөйл. ***Дүңгірле***. **2.** ауыс. *Көз тартып даңғырап тұру.*

**ДҮҢГІРЕК** зат. жерг. *Шәшке, шынының үстіндегі бөлігі.*

**ДҮҢГІРЕТ=** ет. *Көз тартатындай даң-ғыратып бірнәрсе тұрғызу.*

**ДҮҢГІРЕТУ** *Дүңгірет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢГІРЕУ** *Дүңгіре етістігінің қимыл атауы. .*

**ДҮҢГІРЛЕ** =ет. **1.** *Сартылдау, шулау.* **2.** *Даңғырлау, қаңғыр-күңгір ету.* **3.** ауыс. *Даңғырау, алыстан көз тартып тұру.*

**ДҮҢГІРЛЕК** зат. этн. *Бітеу ағаштан ойып жасайтын ұзынша ағаш шелек.*

**ДҮҢГІРЛЕС=** ет. *Көз тартып даңғырап тұрысу.*

**ДҮҢГІРЛЕСУ** *Дүңгірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢГІРЛЕТ=** ет. **1.** *Дауыстың белгілі бір шектеулі, төбесі биік кеңістіктің шетіне жаңғырығып, дұрыс ұғынылмай естілуі.* **2.** ауыс. *Шулату, бәрін өзіне қарату.* **3.** *Дүңгір-дүңгір еткізу, даңғырлату.*

**ДҮҢГІРЛЕТУ** *Дүңгірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢГІРЛЕУ** *Дүңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢГІРШЕК**[1] зат. *Қатық, қаймақ не май салуға арналған ағаштан жасалған шағын, шүңгыл ыдыс.*

**ДҮҢГІРШЕК**[2] зат. өс. <лат. lentibulariaceae> *Судың тереңдеу жерінде қалқып жүретін бір және көпжылдық су өсімдігі.*

**ДҮҢГІРШЕК**[3] зат. муз. *Қазақ халқының үріп ойнайтын этнографиялық сазды аспабы.*

**ДҮҢГІРШЕК**[4] зат. мед. *Мал қарнының безсіз келген, жұқа, дәмсіз бөлігі, жұмыршағы.*

**ДҮҢГІРШЕК**[5] зат. жаңа. **1.** <франц. kiosque> *Ұсақ-түйек зат, азық-түлік т.б. сатуға арналып істелген шағын дүкен, киоск.* **2.** *Газет-журнал, кеңсе құралдарын сататын, аялдамада орналасқан дүкен.* **3.** *Автотұрақ күзетшісінің орны.* **4.** *Қалыққа қызмет көрсету мекемелерінде орналасқан ақпарат беретін орын.* **5.** ауыс. *Адам тұруға болмайтын тар, қапас жаппа үй.*

**ДҮҢГІРШЕКШӨП** зат. өс. ***Дүңгіршек.***

**ДҮҢГІРШЕКТЕЙ** сын. *Дүңгіршек сияқты, шап-шағын.*

**ДҮҢИ=** ет. сөйл. ***Дүңки.***

**ДҮҢК**[1] елік. *Ауыр заттың жұмсақ затқа соқтығысуынан, не құлауынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүңк дегізді**. *Сарт еткізді, ұрып кеп қалды.* **Дүңк ете қалды.** *Тез тарады, лезде жайылды (хабар, лақап туралы).* **Дүңк еткізді.** а) *Гүрс еткізіп атты.* ә) *Бірден айтып салды.* **Дүңк етті.** а) *Тарс етіп құлады, гүрс етті.* ә) *Дүңк-дүңк етті.* б) *Күтпеген жерден сөз болып, жан-жаққа өрбіп тарады.* г) *Қорс етті, мыңқ етті, бірден айтып салды, қойып кеп қалды.*

**ДҮҢК**[2] сын. сөйл. *Томырық мінезді, ұрт, қорс етпе.*

**Дүңк етпе**. *Дүң, томырық мінезді.*

**ДҮҢК-ДҮҢК** елік. **1.** *Тарсылдамай, сартылдамай шыққан соқтығыстың тұншығып естілетінін білдіретін сөз.* **2.** *Жүректің соғуын бейнелейтін сөз.*

**Дүңк-дүңк етті [естілді].** а) *Тасырлады, сарт-сұрт етті.* ә) *Ел-жұртқа алып-қашпа сөз тез жетіп, кеңінен таралды.* **Дүңк-дүңк хабар.** *Алыпқашты сөз, дақпырт.*

**ДҮҢКЕ: дүңке шелек.** *Түбі тереңдеу шелек.*

**ДҮҢКЕШ** зат. **1.** бот. <лат. peplis> *Тергүл-дер тұқымдасына жататын бір жылдық өсім-дік.* **2.** <лат. didiplis> *Гүлді өсімдіктер туысының жалды типті тегі.*

**ДҮҢКИ=** ет. **1.** *Дөңкиіп ісу.* **2.** *Қорбию, үлкен болып көріну.* **3.** *Семіру, зораю.* **4.** *Шығыңқы келу, дүрдию.*

**ДҮҢКИТ=** ет. *Дөңкиту, күжірейту, дүрдиту.*

**ДҮҢКИТУ** *Дүңкит етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢКИЮ** *Дүңки етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢКТЕУ** сын. *Дөң мінезділеу, томырықтау, ұрттау.*

**ДҮҢКУ** зат. мед. <грек. phlegmone> *Іриң кеулеп, терінің көтерілуінен болатын ісік.*

**ДҮҢКІ=** ет. **1.** *Іріңдеп ісіну, қабыну.* **2.** ауыс. *Дүрлігу, дүр сілкіндіру.*

**ДҮҢКІ** сын. *Тымырайған, қорс еткен (мінез).*

**Дүңкі жүру**. жерг. *Дөрекі мінез көрсету.*

**ДҮҢКІЛ** зат. **1.** *Дүңк-дүңк еткен дыбыс.* **2.** ауыс. *Еміс-еміс естілген күдікті әңгіме, ұзынқұлақ, суық хабар.*

**Дүңкілге салды**. а) *Баяғы әдетіне басты.* ә) сөйл. *Қақпаға қайта-қайта доп кіргізді.*

**ДҮҢКІЛДЕ=** ет. **1.** *Дүңк-дүңк еткен дыбыс шығару, түсірлеу, тасырлау.* **2.** ауыс. *Әр жерден, онан-мұнан хабар естілу, ел-елге әйгіленіп тарау.*

**ДҮҢКІЛДЕК**[1] зат. муз. *Қазақ халқының ұрмалы, дабылды-шулы сазды аспабы.*

**ДҮҢКІЛДЕК**[2] сын. **1.** *Дүңк-дүңк еткен, гүрілдек.* **2.** *Дүңкілі көп.*

**ДҮҢКІЛДЕС=** ет. *Әңгіме қылысу, әрі-бері алыпқашпа әңгіме тудыру.*

**ДҮҢКІЛДЕСУ** *Дүңкілдес етістігінің қи-мыл атауы.*

**ДҮҢКІЛДЕТ=** ет. **1.** *Дүңк-дүңк еткізу, түсірлету.* **2.** *Еденді, жерді тесіп жіберердей етіп жүру.*

**ДҮҢКІЛДЕТУ** *Дүңкілдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұру, тарсылдатып ұру.* **2.** ауыс. *Дүрліктіру, даурықтыру.*

**ДҮҢКІЛДЕУ** *Дүңкілде етістігінің қимыл атауы..*

**ДҮҢКІС** сын. *Сәл дүңкиіңкіреген, сәл томпиған.*

**ДҮҢКІТ=** ет. *Дүрліктіру, дүр сілкіндіру.*

**ДҮҢКІТУ** *Дүңкіт етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮҢШЕ** зат. көне. **1.** *Көмекші малай.* **2.** *Тілмаш, аудармашы.*

**ДҮП**[1] зат. сөйл. **1.** *Мылтықтың, авто-маттың дүмі.* **2.** ауыс. *Ең соңы, түп.*

**ДҮП**[2] елік. *Дүпілдеп естілген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ДҮП-ДҮЗУ** сын. сөйл. *Оқтай түзу, тартқан сымдай түп-түзу.*

**ДҮПӨҢ** зат. жерг. *Мылтық, құс мылтық.*

**ДҮПІЛ** зат. *Дүп-дүп еткен дыбыс, лүпіл.*

**ДҮПІЛДЕ=** ет. **1.** *Лүпілдеу, алып ұшу.* **2.** ауыс. *Дүңкіл шығару, әйгілеу, жариялау.*

**ДҮПІЛДЕК** зат. зоол. <лат. jynx torguilla> *Үлкендігі кептердей, тоқылдақ тәрізділер тобына жататын құс.*

**ДҮПІЛДЕТ=** ет. *Алып-ұштыру, дүңкілдету.*

**ДҮПІЛДЕТУ** *Дүпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮПІЛДЕУ** *Дүпілде етістігінің қимыл атауы; дүрсілдеу, лүпілдеу.*

**ДҮР**[1] [ар. دُر] сын. **1.** көне. *Атақты, даңқты, мықты, білімді.* **2.** жерг. *Мықты, күшті.* **3.** жерг. *Шебер, маман, шешен.* **4.** жерг. *Бөспе, мақтаншақ.*

**Дүр жігіт.** *Мықты, асыл, атпал азамат.* **Дүр қамшы**. *Дырау қамшы.* **Дүр санады**. *Өзін-өзі көтеріп жоғары ұстады, көкірек керді.*

**ДҮР**[2] үст. *Қауырт, күрт, бірден.*

**Дүр көтерілді**. *Қаулап өсті.* **Дүр сөздер**. *Елең еткізіп тебірентер сөздер.* **Дүр сілкінді.** *Жан-жануар бойын жазып желпінді.* **Дүр сілкіндірді.** *Тебірентті, елең қақтырды.* **Дүр сілкінтті.** *Барлығына бір мезгілде қатты әсер берді деген мағынада.* **Дүр тітіретті**. *Қатты әсер етті.*

**ДҮР**[3] [ар. دُر] зат. *Қымбат бағалы асыл тас, інжу-маржан.*

**Дүр жаңа.** *Су жаңа.* **Дүр шашты.** *Құлпырды, гүл жайнады.*

**ДҮР**[4] шыл. көне. *-ды [-ді] қосымшасының көне формасы.*

**ДҮР**[5] елік. *Кенеттен шыққан, дүрс еткен, гүр еткен қатты дыбыс, ұнді бейнелейтін сөз.*

**Дүр етті.** а) *Гүр етті, дүрілдеді.* ә) *Лап берді, бұрқ етті.* б) *Қаулап тез өсті, бой көтерді.*

**ДҮРБЕЛЕҢ** зат. **1.** *Ел басына ауыртпалық төнген шақ, күйзеліс кезең, аласапыран уақыт.* **2.** *Қым-қиғаш әуреге түсушілік, тынышын кетірушілік, мазасыздық.* **3.** *Абыр-сабыр, ырду-дырду, дабыр-дыбыр.* **4.** әск. *Жағдай мен өз іс-әрекеттерін дұрыс бақылау қабілеттілік-терінің төмендеуінен пайда болатын қатты қобалжу жағдайы, шынайы немесе жорамалды іс-әрекеттер мен қауіп-қатерлердің ықпалымен жеке адамдардың немесе адамдар тобының бой бермейтін қорқыныш күйі.*

**Дүрбелеңге түсті [дүрбелең туды].** *Әбігерленді, әбірге түсті, әуре-сарсаңға түсті.* **Дүрбелең жыл**. *Аласапыран уақыт, кез.* **Дүрбелең кезең [шақ].** *Қиын-қыстау, аласапыран уақыт, күйзеліс шақ.* **Дүрбелең салды.** *Әлекке түсірді, әуре-сарсаң қылды, берекесін алды.* **Дүрбелең туды.** *Абыр-сабыр басталды, әбігершілік басталды.* **Дүрбелең тудырды.** *Абыр-сабыр еткізді, әуре-сарсаңға салды.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕ=** ет. *Қатты әбігерлену, берекесі кетіп әуре-сарсаңға түсу.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕС=** ет. *Қатты әбігерленісу, әуре-сарсаңға түсісу.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕСУ** *Дүрбелеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Дүрліктіру, дүр сілкіндіру.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕТУ** *Дүрбелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБЕЛЕҢДЕУ** *Дүрбелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБЕЛЕҢДІ** сын. *Ауыртпалық төнген, аласапыран туғызған, дүрбелеңге түсірген.*

**ДҮРБЕЛЕҢДІК** зат. *Дүрбелеңге түсушілік, аласапыранға салынушылық, әбігерлік.*

**ДҮРБЕЛЕҢСІЗ** сын. *Әбігерге салынбай, қарбалассыз, аласапырансыз.*

**ДҮРБЕҢ** зат. сөйл. ***Дүрбелең.***

**ДҮРБИ=** ет. *Дүрдию, дорбию.*

**ДҮРБИТ=** ет. *Дүрдиту, қолапайсыздан-дыру.*

**ДҮРБИТУ** *Дүрбит етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБИЮ** *Дүрби етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІ** [ир. دوربين] зат. <лат. bini – екі, oculus – көз> **1.** *Алысты жақындатып көрсететін, қолға ұстайтын оптикалық құрал.* **2.** окказ. *Адамның алысты көретін, келешекті болжайтын қасиеті.*

**Дүрбі салды**. *Дүрбімен шолып қарады.*

**ДҮРБІДЕЙ** сын. *Дүрбі тәрізді, дүрбі сияқты.*

**ДҮРБІЛ** зат. *Дүрлігушілік.*

**ДҮРБІЛ=** ет. сөйл. ***Дүрлігу.***

**ДҮРБІЛЕ**[1]**=** ет. *Дүрбімен қарау.*

**ДҮРБІЛЕ**[2]**=** ет. сөйл. *Жосу, жөңкілу, дүрлігу.*

**ДҮРБІЛЕҢ** зат. сөйл. ***Дүрбелең.***

**ДҮРБІЛЕТ=** ет. *Дүрбімен қарату.*

**ДҮРБІЛЕТУ** *Дүрбілет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІЛЕУ**[1] *Дүрбіле*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІЛЕУ**[2] *Дүрбіле*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІЛЖІҢ** сын. *Белі жоғалып, мықынымен бірігіп кеткен, белі мен кеудесі, кеудесі мен бөксесі тұтасқан.*

**ДҮРБІЛТ** = ет. *Дүрліктіру, дүрбелеңге түсірту.*

**ДҮРБІЛТУ** *Дүрбілт етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІЛУ** *Дүрбіл етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІЛІ** сын. **1.** *Дүрбісі бар, дүрбі орнатылған.* **2.** ауыс. *Көреген, қырағы.*

**ДҮРБІСІЗ** сын. *Дүрбісі жоқ.*

**ДҮРБІТ** зат. *Қазіргі моңғолдардың құ-рамындағы ежелгі тайпа.*

**ДҮРБІТ=** ет. *Дүрліктіру, дүрбелеңге түсіру, үрейлендіру.*

**ДҮРБІТУ** *Дүрбіт етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРБІШЕ** үст. *Дүрбіге ұқсас, дүрбі сияқты.*

**ДҮРД** зат. көне. *Сәлем.*

**ДҮРДАНА** сын. *Қымбат, асыл.*

**ДҮРДАНАДАЙ** сын. поэт. *Дүрдана сияқты.*

**ДҮРДАРАЗ** сын. *Аздап араз, ренішті, бірде тату, бірде араз.*

**Дүрдараз болды**. *Аздап ренішті болды.*

**ДҮРДАРАЗДАЙ** сын. *Дүрдараз сияқты, дүрдараз тәрізді.*

**ДҮРДАРАЗДАН=** ет. *Бірде тату, бірде араз болу, ренішті болу.*

**ДҮРДАРАЗДАНДЫР=** ет. *Дүрдараз еткізу, өкпелету, ренжіту.*

**ДҮРДАРАЗДАНДЫРУ** *Дүрдараздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРДАРАЗДАНУ** *Дүрдараздан етістігінің қимыл атуы.*

**ДҮРДАРАЗДАУ** сын. *Ішінде өкпесі, реніші бар, қарым-қатынасы салқындау.*

**ДҮРДАРАЗДЫҚ** зат. *Дүрдараз болушылық, реніштілік.*

**ДҮРДЕ** үст. көне. *Бір сәтте, бір мезетте.*

**ДҮРДЕЙ** сын. **1.** *Дардай, бақандай, білдей.* **2.** *Айтарлықтай үлкен.* **3.** *Зіңгіттей, айтулы, ортан қолдай.*

**ДҮРДЕК** сын. *Дүрдиген, қалың, көнтек.*

**ДҮРДЕКТЕУ** сын. *Көнтектеу, дүрдигендеу.*

**ДҮРДИ=** ет. **1.** *Көнтию, ісіну, кужірею, дөңкию.* **2.** ауыс. *Бір-бірін жақтырмай сес көрсету, қоқию.* **3.** ауыс. *Оқшаулану, ерекше көзге түсу, көкірегін көтеру.*

**ДҮРДИТ=** ет. *Көнтиту, дөңкиту, ісіндіру.*

**ДҮРДИТУ** *Дүрдит етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРДИІС=** ет. *Жатырқасу, оқшауланысу, сес көрсетісу.*

**ДҮРДИІСУ** *Дүрдиіс етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРДИЮ** *Дүрди етістігінен жасалған қимыл атауы.*

**ДҮР-ДҮР**[1] елік. *Гүр-гүр, дар-дүр, ду-ду еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүр-дүр етті.** *Дүрілдеді, гүрілдеді.* **Дүр-дүр сілкінді.** *Жан-жануар мен құстар бойын жазып, сілкінді.*

**ДҮР-ДҮРМЕК** зат. сөйл. ***Дүрмек.***

**ДҮРДІК** сын. сөйл. ***Дүрдек.***

**ДҮРДІКТЕУ** сын. сөйл. *Дүрдигендеу, дүрдектеу.*

**ДҮРДІҢКІ** сын. сөйл. *Дүрдіктеу, дүрдиген.*

**ДҮРЕ** [ир. دوره] зат. көне. *Қылмыс жасаған адамды шыбырткымен не қамшымен сабайтын ауыр жазаның түрі.*

**Дүреге жықты.** *Дүреледі, дүре салды.* **Дүренің астына алды**. *Соққының үстіне соққы берілді, көп дүреледі.* **Дүре салды [жеді, соқты].** *Соққы берілді, жазалады.* **Дүре шыбық**. *Дүрелеп жазалауға, дүре соғуға арналған шыбық.*

**ДҮРЕГЕЙ** зат. **1.** *Екі түрлі тұқымнан шыққан будан ит.* **2.** ауыс. *Шатыс, қоспа, аралас.* **3.** ауыс. *Некесіз туылған бала.*

**Дүрегей ит.** *Әдетте үй күзетуге жарайтын, тұқымы араласып кеткен, будан ит.* **Дүрегей тазы**. *Аң алатын жүйрік, будан тазы.*

**ДҮРЕГЕЙДЕЙ** сын. *Дүрегей сияқты, дүрегей тәрізді.*

**ДҮРЕГЕЙЛІК** зат. *Дүрегей болушылық, шатыс болушылық.*

**ДҮРЕЛЕ=** ет. *Ұрып-соғып жазалау, дүре соғу.*

**ДҮРЕЛЕН=** ет. *Ұрылып-соғылып жазалану, дүре соғылу.*

**ДҮРЕЛЕНДІР=** ет. *Дүре соқтырып жазалату.*

**ДҮРЕЛЕНДІРУ** *Дүрелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕНУ** *Дүрелен етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕС=** ет. *Қосыла дүре соғысу, дүре соғуға көмектесу.*

**ДҮРЕЛЕСУ** *Дүрелес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕТ=** ет. *Ұрып-соғып жазалату, дүре соқтыру.*

**ДҮРЕЛЕТКІЗ=** ет. *Дүре соқтыру, жазалатқызу.*

**ДҮРЕЛЕТКІЗУ** *Дүрелеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕТТІР=** ет. *Ұрып-соқтырып жазалату, дүре соқтыру.*

**ДҮРЕЛЕТТІРУ** *Дүрелеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕТУ** *Дүрелет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕЛЕУ** *Дүреле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЕШІ** зат. көне. *Дүре соғушы адам.*

**ДҮРИЯ** [ир. دورویه] зат. *Жылтырауық, тығыз, жібек мата.*

**Дүрия көйлек.** *Дүрия матадан тігілген көйлек.*

**ДҮРК** үст. *Қауырт, кенет, бірден.*

**Дүрк берді.** *Дүркірей жөнелді.* **Дүрк көтерілді.** *Естіген не көрген жағдайға бір ауыздан қарсы болды.*

**ДҮРКЕПТЕР** зат. зоол. *Денесі басқа кептерлерден үлкендеу, орман-тоғайлы жерлерді мекендейтін құс.*

**ДҮРКІЛДЕ=** ет. *Дүрк-дүрк ету.*

**ДҮРКІН** зат. **1.** *Рет, мәрте, қайтара.* **2.** әск. *Атыс жүргізу реті.* **3.** әск. *Бір мерзімді атыс кезіндегі кеме, бөлім, құрамалардың барлық оқ-дәрі құралдарын немесе ату мүмкіндігін өлшейтін шартты бірлік.*

**ДҮРКІНДЕ**[1]**=** ет. *Қарқындау, екпіндеу, үсті-үстіне күшею.*

**ДҮРКІНДЕ**[2]**=** ет. *Гүрс-гүрс ету, дүрк-дүрк ету.*

**ДҮРКІНДЕТ**[1]**=** ет. *Қарқындату, екпіндету, үсті-үстіне күшейту.*

**ДҮРКІНДЕТ**[2]**=** ет. *Гүрс-гүрс еткіздіру, дүрк-дүрк еткіздіру.*

**ДҮРКІНДЕТУ**[1] *Дүркіндет*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІНДЕТУ**[2] *Дүркіндет*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІНДЕУ**[1] *Дүркінде*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІНДЕУ**[2] *Дүркінде*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІН-ДҮРКІН** үст. *Оқтын-оқтын, әлсін-әлсін, мезгіл-мезгіл.*

**ДҮРКІНДІ** сын. *Қарқындаған, үсті-үстіне күшейген.*

**Дүркінді етістік.** лингв. *Іс-қимылдың қайталанып келетінін білдіретін етістік.*

**ДҮРКІНДІК** сын. *Күнделікті, мерзімді.*

**ДҮРКІНДІЛІК** зат. *Дүркін-дүркін болатын сипат, қимыл.*

**ДҮРКІНШІЛ** сын. сөйл. *Елірме, дау-рықпа.*

**ДҮРКІРЕ=** ет. **1.** *Бет-бетімен сапырылысу, жапа-тармағай абыр-сабыр болу, үрдіс қимыл жасау.* **2.** *Дүр ете түсу, дүрлігу, қопарыла көтерілу.* **3.** *Күркіреу, дүрілдеу, екпіндеу, дуылдау.* **4.** ауыс. *Қарқындау, қызу өту, есте қаларлықтай болу.* **5.** ауыс. *Жаппай тез жылжу, толассыз жөңкілу.* **6.** ауыс. *Қаулап өсу, жайқалу.* **7.** ауыс. *Әйгілі болу, атақты болып танылу, дәуірі жүріп тұру.*

**ДҮРКІРЕС=** ет. *Абыр-сабыр болысу, сапырлысу, үрдіс қимыл жасасу.*

**ДҮРКІРЕСУ** *Дүркірес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІРЕТ=** ет. **1.** *Абыр-сабыр ету, дүрілдету.* **2.** ауыс. *Әйгілі еткізу, атақты етіп таныту.*

**ДҮРКІРЕТУ** *Дүркірет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРКІРЕУ** *Дүркіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛЕ=** ет. сөйл. *Дәуірлеу, дүркіреу.*

**ДҮРЛЕНТ=** ет. *Дүбір қақтыру, дүр сілкіндіру.*

**ДҮРЛЕНТУ** *Дүрлент етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛЕТ=** ет. *Дәуірлету, дүркірету, дү-рілдету.*

**ДҮРЛЕТУ** *Дүрлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛЕС=** ет. *Дүркіреу, жігерленіп желпіну.*

**ДҮРЛЕУ**[1] сын. *Сәл-пәл қаттырақ, қатқылдау.*

**ДҮРЛЕУ**[2] *Дүрле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛІГУ** *Дүрлік етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1.** *Қатты абыржу.* **2.** *Даурығу, елігу.*

**ДҮРЛІГУЛІ** сын. *Қатты абыржулы, дүрліккен.*

**ДҮРЛІГІҢКІРЕ=** ет. *Бір нәрседен қорқып абыржыңқырау, шошыңқырау.*

**ДҮРЛІГІҢКІРЕУ** *Дүрлігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛІГІС** зат. *Абыржушылық, әбігерленушілік, үрейленушілік.*

**ДҮРЛІГІС=** ет. *Бір нәрседен секем алып абыр-сабыр болысу.*

**ДҮРЛІГІСУ** *Дүрлігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРЛІК** зат. *Қатты абыржушылық, дүрлікпе.*

**ДҮРЛІК=** ет. **1.** *Қорқып я шошынып қатты абыржу.* **2.** *Даурығу, еліру, желігу, желпіну.*

**ДҮРЛІКПЕ** зат. **1.** *Дүрліккен қалып, дүрліккен күй. // Қорқытқан, шошытқан, абыржытқан.* **2.** экон. <франц. agiotage> *Жағдаяттың, сұраным мен ұсынымның, тауарлар бағасының, құнды қағаздар бағамының, валюта бағамының күрт өзгеруіне байланысты нарық пен биржадағы тез арада мол пайда тауып қалуды көздейтін алыпсатарлық қарбалас.*

**Дүрлікпе сұраным**. экон. *Тұтыну ры-но-гындағы жағдай.*

**ДҮРЛІКПЕЛІ** сын. *Дүрлігуге салынған, абыржытатын, шошындыратын.*

**ДҮРЛІКТІР=** ет. *Абыр-сабыр еткізу, қатты абыржыту.*

**ДҮРЛІКТІРУ** *Дүрліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРМЕК** зат. **1.** *Мән-жайға қанықпай әрлі-берлі шұбырған жиын, мол тобыр.* **2.** *Дүрліккен, әбігерге түскен қалып.*

**Дүрмекке ерді [ілесті].** *Көпшіліктің же-тегінде кетті.*

**ДҮРМЕК-ДҮРМЕК** үст. **1.** *Топ-топ болып жиналған.* **2.** *Ауық-ауық, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін.*

**ДҮРМЕКСІЗ** сын. *Әрлі-берлі шұбыртусыз, дүрліктірмей-ақ, әбігерге түсірусіз.*

**ДҮРМЕКТЕ=** ет. *Дуылдау, шуылдау.*

**ДҮРМЕКТЕЙ** сын. *Дүрмек сияқты, дүрмек тәрізді.*

**ДҮРМЕКТЕЛ=** ет. *Топталып дуылдау, әбігерлену.*

**ДҮРМЕКТЕЛУ** *Дүрмектел етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРМЕКТЕН=** ет. *Топталып дуылдау, дүрлігіп әбігерлену.*

**ДҮРМЕКТЕНУ** *Дүрмектен етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРМЕКТЕТ=** ет. *Әбігерге түсіріп дуылдату, шуылдату, дүрліктіру.*

**ДҮРМЕКТЕТУ** *Дүрмектет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРМЕКТІ** сын. *Улы-шулы, елірген, дабыр-дүбірлі.*

**ДҮРМЕКШІ** зат. *Дүрмекке қатысушы, дүрмекке еруші.*

**ДҮРМЕКШІЛІК** зат. *Дүрмекші болушылық, дүрмекке қатысушылық.*

**ДҮРМЕЛЕҢ** зат. жерг. ***Дүрбелең.***

**ДҮРПІЛДЕ=** ет. *Дүрп-дүрп ету, дүрсілдеу.*

**ДҮРПІЛДЕТ=** ет. *Дүрп-дүрп еткізу.*

**ДҮРПІЛДЕТУ** *Дүрпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРРИ** сын. ескікіт. *Нағыз, барып тұрған, ең қымбат.*

**ДҮРРІ** сын. ескі кіт. ***Дүрри.***

**Дүррі гауһар.** поэт. *Гауһар тастың ең асылы, үлкені, тазасы.*

**ДҮРС** елік. *Гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүрс еткізді**. *Ойланбай айтып салды, қойып қалды.* **Дүрс етпе [етпелік].** *Қоңқ етпе, дөкір мінезді (адам).* **Дүрс етті**. *Гүрс етті, тарс етті.*

**ДҮРС-ДҮРС** елік. *Гүрс-гүрс, тарс-тарс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Дүрс-дүрс еткізді.** *Дүрсілдетті, тарсылдатты.* **Дүрс-дүрс етті.** *Дүрсілдеді, тарсылдады.* **Дүрс-дүрс соғылды**. *Гүрс-гүрс етіп соғылды, дүрсілдете қағылды.* **Дүрс-дүрс соқты**. *Тарсылдатты, дүрсілдетті.*

**ДҮРСЕ** үст. *Дереу, бірден.*

**Дүрсе қоя берді**. а) *Бірден қарсылық білдіріп, тап берді, шап ете түсті.* ә) *Тікелей шабуылға кірісті.*

**ДҮРСУ** *Дүрсі етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРСІ=** ет. **1.** *Дәуірі жүру, кемеліне келу, болып-толу.* **2.** ауыс. *Ісіп-кеуіп әлдеқандай болу, кісімсіп қоқилану.*

**ДҮРСІЛ** зат. *Дүрс-дүрс еткен дыбыс, дүбір, тарсыл.*

**Дүрсіл қақты**. *Жүрегі лүп-лүп етті, қатты соқты.*

**ДҮРСІЛДЕ=** ет. **1.** *Дүрс-дүрс ету, тарсылдау, тарс-түрс еткен дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Лүпілдеу, лүп-лүп ету.* **3.** ауыс. *Дүрсе қоя беру, зіркілдеу, дүңкілдеу.* **4.** ауыс. *Өріс алып даму, қызу, күшіне ену.* **5.** ауыс. *Дәуірлеу, болып-біту.*

**ДҮРСІЛДЕП-ГҮРІЛДЕ=** ет. *Дүрсіл-деген, гүр-гүр еткен құлақ тұндырар дыбыстардың шығуы.*

**ДҮРСІЛДЕС=** ет. *Қосыла тарсылдату, қосыла дүрсілдету.*

**ДҮРСІЛДЕСУ** *Дүрсілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРСІЛДЕТ=** ет. *Дүрс-дүрс еткізу, тарс-тарс еткізу.*

**ДҮРСІЛДЕТУ** *Дүрсілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРСІЛДЕУ** *Дүрсілде етістігінің қимыл атауы, лүпілдеу.*

**ДҮРСІН**[1] зат. *Дүбір, нөпір.*

**ДҮРСІН**[2] зат. *Дүркін, рет.*

**ДҮРСІН**[3]: **қара дүрсін.** а) *Қарапайым, қарабайыр.*ә) *Жан-жақты қаралып зерттелмеген, қарапайым, жай.* б) *Ештеңеге қарамастан, бет қаратпайтын; ұйтқыған.*

**ДҮРСІН=** ет. *Күпіну, ісініп-қабыну.*

**ДҮРСІНДЕУ**: **қара дүрсіндеу**. *Қарапайымдау, қарабайырлау.*

**ДҮРСІНДІК**: **қара дүрсіндік**. *Қарабайырлық; таяздық.*

**ДҮРСІНДІЛІК**: **қара дүрсінділік**. сөйл. ***Қара дүрсіндік.***

**ДҮРСІНДІР=** ет. *Күпіндіру, ісіндіріп-қабындыру.*

**ДҮРСІНДІРУ** *Дүрсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРСІНУ** *Дүрсін етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРСІТ=** ет. **1.** *Дүрсілдету, тарсылдату.* **2.** ауыс. *Әлдеқандай етіп кісімсіту, болып-толғансыту.*

**ДҮРСІТУ** *Дүрсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРІГУ** *Дүрік етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРІК** үст. жерг. *Кенет, бірден.*

**ДҮРІК=** ет. жерг. *Дүрлігу.*

**ДҮРІКТІР=** ет. сөйл. ***Дүрліктіру.***

**ДҮРІКТІРУ** *Дүріктір етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРІЛ**[1] зат. *Дүр-дүр еткен дыбыс, гүріл.*

**Дүріл қақты**. *Дүр-дүр етті.*

**ДҮРІЛ**[2] зат. сөйл. *Денені дір етіп сілкіндірушілік, дірілдеушілік.*

**ДҮРІЛДЕ=** ет. **1.** *Дүр-дүр еткен, гүрілдеген дыбыс шығару.* **2.** *Пыр-пыр ету, гу-гу ету.* **3.** *Дүркіреп қашу; дүркіреу.* **4.** *Оттың қатты жануы.* **5.** *Сарылдап төмен қарай ағу, күркіреу.* **6.** ауыс. *Өсімдіктің қаулап өсуі.* **7.** ауыс. *Дауыс көтеріп ұрсу, реніш білдіру, даурығу.* **8.** ауыс. *Дүбір-дүбір ету, дүбірлеу, дабырлау.* **9.** ауыс. *Қарқыны күшею, қызу, гуілдеу.* **10.** ауыс. *Аты шығып, даңққа бөлену, дәурені жүру.* **11.** ауыс. *Етек алып, өрістеп даму.* **12.** ауыс. *Өзін-өзі көтермелеу, әлдеқандай болу.*

**Дүрілдеп тұрған.** *Атақ-даңқы шыққан, дүркіреген.*

**ДҮРІЛДЕЙ** сын. *Дүріл сияқты, дүріл тәрізді.*

**ДҮРІЛДЕП-ГҮРІЛДЕ=** ет. *Дүр-дүр ету, гүр-гүр ету.*

**ДҮРІЛДЕП-ГҮРІЛДЕУ** *Дүрілдеп-гүрілде етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРІЛДЕС=** ет. *Дүр-дүр етіп сөйлесу, абыр-сабыр болу.*

**ДҮРІЛДЕСУ** *Дүрілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮРІЛДЕТ=** ет. **1.** *Дүр-дүр еткен дыбыс шығарту.* **2.** ауыс. *Дүр сілкіндірту, думандату.*

**ДҮРІЛДЕТУ** *Дүрілдет етістігінің қимыл атауы; дүр-дүр етіп дыбыс шығарту.*

**ДҮРІЛДЕУ** *Дүрілде етістігінің қимыл атауы, қарқыны күшею.*

**ДҮСІР** елік. *Тасыр, тұсыр еткен дүбір, дүрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ДҮСІР-ДҮСІР** елік. *Тасыр-тұсыр, дүбір-дүбір, түсір-түсір еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ДҮСІРЛЕ=** ет. *Тасыр-тұсыр ету, дүбірлеу.*

**ДҮСІРЛЕТ=** ет. *Тасыр-тұсыр еткізу.*

**ДҮСІРЛЕТУ** *Дүсірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮСІРЛЕУ** *Дүсірле етістігінің қимыл атауы.*

**ДҮТ**[1] зат. сөйл. ***Діт.***

**ДҮТ**[2]: **дүт беру.** *Боска, өтірік жел беру, қолтығына су бүрку.*

**ДҮТТЕ=** ет. сөйл. ***Дітте.***

**ДЫ** шыл. *Еді сөзінен қысқарып жасалған демеулік шылау.*

**ДЫБА** зат. көне. *Ертеректе адамды керіп қойып жазалайтын құрал.*

**ДЫБДЫР** зат. сөйл. ***Дыбыр.***

**ДЫБДЫР-ДЫБДЫР** елік. *Дыбырлаған, дыбыр-дыбыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* .

**ДЫБДЫРЛА=** ет. *Түсініксіз етіп дыбдыр-дыбдыр етіп сөйлеу.*

**ДЫБДЫРЛАҢҚЫРА=** ет. *Дыбдыр-дыбдыр етіңкіреу.*

**ДЫБДЫРЛАҢҚЫРАУ** *Дыбдырлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБДЫРЛАС=** ет. *Дыбдыр-дыбдыр еті-су.*

**ДЫБДЫРЛАСУ** *Дыбдырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБДЫРЛАТ=** ет. *Дыбдыр-дыбдыр еткізу.*

**ДЫБДЫРЛАТУ** *Дыбдырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБДЫРЛАУ** *Дыбдырла етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫЛ** зат. сөйл. ***Дыбыр.***

**ДЫБЫР** зат. *Дабыр-дыбыр еткен дыбыс, дүбір.*

**ДЫБЫРА=** ет. *Дыбыр-дыбыр ету.*

**ДЫБЫР-ДЫБЫР** елік. *Дыбыр-дүбір, күбір-күбір еткен тынымсыз, беймаза дыбысты білдіретін сөз.*

**Дыбыр-дыбыр етті.** *Былдырлады, былдырақтады.*

**ДЫБЫРЛА=** ет. **1.** *Дыбыр-дыбыр ету, дабырлау.* **2.** *Сөзді анықтап сөйлей алмау, быдыңдау.*

**ДЫБЫРЛАҚ** сын. *Дыбыр-дыбыр еткіш, дыбырлай беретін, дыбырлағыш.*

**ДЫБЫРЛАҢҚЫРА=** ет. *Дыбырлай түсу.*

**ДЫБЫРЛАҢҚЫРАУ** *Дыбырлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫРЛАС=** ет. *Дыбыр-дыбыр етісу.*

**ДЫБЫРЛАСУ** *Дыбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫРЛАТ=** ет. *Дыбыр-дыбыр еткізу.*

**ДЫБЫРЛАТУ** *Дыбырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫРЛАУ** сын. сөйл. *Дыбыр-дыбыр еткіштеу, баяулау.*

**ДЫБЫРЛАУ** *Дыбырла етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫРСЫЗ** сын. *Шусыз, үнсіз.*

**ДЫБЫС** зат. **1.** *Ауа толқыны арқылы құлаққа естілетін үн.* **2.** *Ауызша сөйленген сөз.* **3.** лингв. *Сөзді құрайтын фонетиканың ең кіші бөлшегі, фонема және оның реңктері.*

**Дыбыс алмасуы**. лингв. *Сөйлеу кезінде не тілдің тарихи дамуы барысында сөз ішіндегі бір дыбыстың басқа дыбысқа айналуы.* **Дыбыс аңдыды**. *Елеңдеп естіп алуға тырысты, құлақ түрді.* **Дыбыс артикуляциясы**. лингв. *Дыбыстау мүшелерінің қызметі, яғни дыбыстардың жасалу орны, жасалым.* **Дыбыс берді [қатты]**. а) *Үн қатты, ишарат білдірді.* ә) *Белгі берді, хабарлады.* **Дыбыс білінді [келді].** *Үні естілді, хабар алынды.* **Дыбыс дисперсиясы**. физ. *Дыбыс жылдамдығының дисперсиясы – гармониялық дыбыс толқындарының фазалық жылдамдығының жиілікке тәуелділігі.* **Дыбыс жылдамдығы.** физ. *Дыбыс толқындарының әртүрлі ортадағы орын алмастыру жылдамдығы.* **Дыбыс қайталама**. әдеб. *Біркелкі, не үндес дыбыстарды бірнеше рет қайталау арқылы сөздердің бір-бірімен үйлесімділігін арттыру тәсілі.* **Дыбыс қарқындылығы**. физ. *Дыбыс күші – толқынның таралу бағытына перпендикуляр қойылған бірлік аудан арқылы бірлік уақыт ішінде дыбыс толқыны таситын орташа энергия мөлшері.* **Дыбыс қысымы**. физ. *Тұрақты дыбыс өрісіндегі денеге әсер ететін қысым.* **Дыбыс операторы.** тех. *Теледизор, радио, кинолардың дыбыс жүйесін бақылайтын маман.* **Дыбыс өрісі**. физ. *Кеңістіктің дыбыс толқындары таралатын аймағы.* **Дыбыспен барлау**. әск. *Қарсыластың көзге көрінбей атып жатқан батареялары (зең-біректер, минаатарлар, реактивті артилле-рияның ұшыру қондырғылары) туралы мәлі-меттерді, олардың атуларының дыбыстарын дыбыс өлшеуіш құралдардың көмегімен табу, артиллериялық аспапты барлаудың құрылымдық бөлігі.* **Дыбыс режиссері**. өнер. *Театр мен кинода айтылатын*

*сөздің дұрыс дыбысталуын қадағалайтын маман.* **Дыбыстан жоғары жылдамдық**. *Ортаның немесе орта ішіндегі дененің берілген ортадағы дыбыс жылдамдығынан артық жылдамдықпен қозғалу қарқыны.* **Дыбыс толқыны**. ф и з . *Эфирден тыңдайтын сөздің физикалық ортадағы ауа тербелісімен естілуі.* **Дыбыстың жұтылуы**. ф и з . *Дыбыс толқындары энергиясының энергияның басқа түрлеріне (көбінесе жылуға) ауысу құбылысы.* **Дыбыс тілі.** л и н г в . *Ым-ышара тілінен ерекше, тек дыбыстау арқылы түсінісетін, сөйлесуге болатын тіл.* **Дыбыс үйлесімі**. ә д е б . *Поэзияда дыбыс үндестігін пайдалану тәсілі.* **Дыбыс үндестігі**. л и н г в . *Үндесім заңы.* **Дыбыс шығармады**. *Үн қатпады, үндемеді.* **Дыбысын өшірді.** *Көзін құртты, жойды, жоқ етті.*

**ДЫБЫСАЛҒЫШ** з а т . ф и з . *Үнтабақтарға жазылған дыбыстарды жаңғырту кезінде механикалық тербелісті электрлік тербеліске өзгертетін құрылғы.*

**ДЫБЫСБӘСЕҢДЕТКІШ**: **дыбысбәсеңдеткіш құрылғы.** *Теледидар мен радиодан берілетін хабардың дұрыс дыбысталуын реттейтін құрылым.*

**ДЫБЫСЖАЗҒЫШ**: **дыбысжазғыш аппарат.** *Зертханадағы дыбыс жазатын құрылғы.*

**Дыбысжазғыш аппаратханасы**. *Фонолабораториядағы дыбыс жазуға арналған аппараттар жиынтығы.*

**Дыбысжазғыш құрылғы.** *Жасырын орнатылған, тағылған дыбыс жазатын құрылғы.*

**ДЫБЫСЖАЗУ** з а т . л и н г в . *Дыбысты әріппен таңбалайтын фонетикалық жазу жүйесі.*

**ДЫБЫСЗОРАЙТҚЫШ** з а т . ж а ң а . *Үлкен кеңістіктерде сөзді қатты естіртуге арналған, ауызға тақап ұсаталатын құрылғы.*

**ДЫБЫСКҮШЕЙТКІШ** з а т . *Адамның дауысын күшейтуге арналған конус тәріздес металл түтік, рупор.*

**ДЫБЫС-СЫБЫС** з а т . **1.** *Құлаққа естілетін үн.* **2.** а у ы с . *Алыпқашты әңгіме, анық емес хабар.*

**ДЫБЫССЫЗ** с ы н . **1.** *Үнсіз.* **2.** *Дыбыстың қатысуынсыз.*

**ДЫБЫСТА=** е т . **1.** *Дыбыс шығару.* **2.** *Даусын шығару, үн қату.* **3.** *Айғайлау, шақыру.* **4.** *Сөйлеу, ауызша жеткізу.* **5.** *Белгі беру.* **6.** л и н г в . *Сөзді дыбысқа, фонемаға бөліп айту.*

**ДЫБЫСТАҒЫШ** с ы н . *Дыбыс шығарғыш.*

**ДЫБЫСТАЛ=** е т . **1.** *Дыбыс шығарылу, үн қатылу.* **2.** л и н г в . *Дыбысқа, фонемаға бөлініп айтылу.*

**Дыбысталған кескін**. и н ф . <ағыл. audio – visual image> *Музыкалық қостаумен жабдықталған кескін.*

**ДЫБЫСТАЛУ** *Дыбыстал етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫСТАН=** е т . *Үн қатылу, дыбыс шығарылу, дыбысталу.*

**ДЫБЫСТАНУ** *Дыбыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫСТАҢБА** з а т . л и н г в . <лат. trans scribo> *Әліпбидегі әріп шегінде ауызша сөйленген сөзді дәл, дыбыстық таңбалау.*

**ДЫБЫСТАС** с ы н . *Дыбысталуы бірдей.*

**ДЫБЫСТАС=** е т . *Дыбыс шығарысу, үн қатысу.*

**ДЫБЫСТАСУ** *Дыбыстас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫСТАТ=** е т . *Дыбыс шығарту, үн қатыру.*

**ДЫБЫСТАТУ** *Дыбыстат етістігінің қимыл атауы.*

**Дыбыстау мүшелері.** л и н г в . *Сөйлеу мүшелері.*

**ДЫБЫСТАУ**[1] з а т . с а я т . *Аңның немесе құстың дыбысын салу арқылы оларды алдап қажетті жерге әкелу.*

**ДЫБЫСТАУ**[2] *Дыбыста етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫБЫСТЫ** с ы н . *Дыбысы бар, дыбыс шығаратын.*

**Дыбысты тіл**. *Дыбыс пен сөзден құралған, адамдардың бір-бірімен сөйлесетін, түсінісетін құралы.* **Дыбысты фильм [кино].** ө н е р . *Дыбысы бар, актерлер сөйлеп, дауыстайтын фильм.*

**ДЫБЫСТЫҚ** с ы н . *Дыбысқа қатысты, соған тән.*

**Дыбыстық ақпарат**. и н ф . <ағыл. audio information> *Дыбыстау арқылы айтылатын және берілетін ақпарат, мәлімет.* **Дыбыстық бейнеөнім**. *Экраннан көрсетілетін дыбыстық фильм.* **Дыбыстық бүркеніштер**. ә с к . *Әскерлердің жылжуы мен инженерлік жұмыстарының дыбыстың бүркеніш белгілерін жасыруға арналған дыбыстық, хабарлау қондырғылары.* **Дыбыстық драйвер**. и н ф . *Дыбыс жаңғырту үшін қолданбалы программа пайдаланылатын драйвер.* **Дыбыстық жазу**. л и н г в . *Тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі;* ***дыбысжазу***. **Дыбыстық компакт-диск**. и н ф . <ағыл. audio CD> *Өнеркәсіптік жағдайларда жазылған, тұрмыстық стереожүйесінде қолдануға арналған компакт-диск.* **Дыбыстық қысым**. *Дыбыс толқындарының орта арқылы өткен кезінде пайда болатын қысымының айнымалы бөлігі.* **Дыбыстық тосқауыл.** *Соққы толқынға ұшыраған құбылыс.* **Дыбыстық файл**. и н ф . <ағыл. audio (sound) file> *Мультимедиа жүйелеріндегі адамның сөйлеген сөзін жаңғыртатын бағдарламасы бар файл.*

**ДЫБЫСТЫЛЫҚ** з а т . *Дыбысты болушылық, үндестік.*

**ДЫБЫСХАНА** з а т . *Дыбыс жазатын лаборатория, фонотека.*

**ДЫБЫСШЫ** з а т . *Дыбыстық үнді, сөздің дұрыс естілуін реттеуші.*

**ДЫБЫСШЫЛ** с ы н . *Дыбысты тез аңғарғыш, сақ.*

**ДЫҒАЛ** с ы н . ж е р г . *Зор, ірі, үлкен.*

**ДЫҒЫЛ** с ы н . с ө й л . ***Дығал***.

**ДЫҒЫЛДАН=** е т . ж е р г . *Ірілену, үлкен, зор боп кету.*

**ДЫҒЫР** з а т . *Әбігер, әлек.*

**Дығыр салды**. *Әбігерледі, әлекке түсірді.* **Дығыры мен ығырын шығарды**. *Берекесін алды, мазалады, шырқын кетірді.*

**ДЫҒЫРДАЙ** с ы н . с ө й л . *Дардай, дырдай.*

**ДЫҒЫРЛА=** е т . *Дығыр салу, дікіңдеу, асықтыру.*

**ДЫҒЫРЛАС=** е т . *Дығыр салысу, дікіңдесу.*

**ДЫҒЫРЛАСУ** *Дығырлас етістігінің қи-мыл атауы.*

**ДЫҒЫРЛАТ=** е т . **1.** *Дүбірлету, дүрілдету.* **2.** а у ы с . *Дығыр салдыру, дікіңдету.*

**ДЫҒЫРЛАТУ** *Дығырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҒЫРЛАУ** *Дығырла етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗ** ү с т . *Тез, шапшаң.*

**Дыз еткізіп.** *Тез, шапшаң, көзді ашып жұмғанша.* **Дыз етпе**. а) *Тез, шапшаң.* ә) *Онша ұзаққа бармайтын, қысқа мерзімді.* **Дыз етті**. а) *Ауырғаннан, ұсіктен дене шым етті.* ә) *Лып етті, тезінен қимыл жасады.* б) *Баж ете қалды.* в) *Ашуланып қалды, быж-быж етті.* г) *Толқып, бетіне қан жүгірді.*

**ДЫЗАҚ**: **дызақ қақты**. *Без-без етті, азар да безер болды, безек қақты.*

**ДЫЗАҚТА=** е т . э к с п р . **1.** *Жаны қалмай қимылдау, безек қағу.* **2.** *Без-без ету, дызақ қағу, дірдектеу.* **3.** *Быжылдау, күйіп-пісу, ашуға булығу.*

**ДЫЗАҚТАС=** е т . *Шыр-шыр етісу, быжылдасу.*

**ДЫЗАҚТАСУ** *Дызақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАҚТАТ=** е т . *Безектету, дірдектету.*

**ДЫЗАҚТАТУ** *Дызақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАҚТАУ** *Дызақта етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАҚЫ** с ы н . *Дыз-дыз еткен, берекесіз.*

**ДЫЗАЛАҚ** с ы н . *Дыз етпе, шыж-быж болғыш.*

**Дызалақ қақтырды.** *Шыж-быж еткізіп, берекесін кетірді.*

**ДЫЗАЛАҚТА=** е т . э к с п р . *Күйіп-пісіп ашулану, шыж-быж болу.*

**ДЫЗАЛАҚТАН=** е т . *Күйіп-пісіп, шыж-быж болу.*

**ДЫЗАЛАҚТАНУ** *Дызалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАЛАҚТАТ=** е т . *Ашуландырып, шыж-быж еткізу.*

**ДЫЗАЛАҚТАТУ** *Дызалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАЛАҚТАУ** *Дызалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗАТТА=** е т . с ө й л . ***Дызақта***.

**ДЫЗАТТАУ** *Дызатта етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗ-ДЫЗ** е л і к . *Қатты ұрылудан, күюден, дененің удай ашуы, шымылдап ауырғанын бейнелейтін сөз.*

**Дыз-дыз етті**. а) *Дызақтады, шыж-быж болды.* ә) *Қыз-қыз қайнады.* б) *Ысқырды, зулады.* в) *Шым-шым етіп, удай ашып ауырды.*

**ДЫЗЫҚ=** е т . ж е р г . **1.** *Жаны қысылу, күйгелектену.* **2.** *Асығу, жан-дәрмені қалмай, аптығу.*

**ДЫЗЫҚТА=** е т . с ө й л . ***Дызақта*** *(күйіп-пісу).*

**ДЫЗЫҚТАУ** *Дызықта етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗЫЛ** з а т . **1.** *Дыз-дыз еткен дыбыс, үн.* **2.** *Дыз-дыз етіп аурудың атауы.*

**ДЫЗЫЛДА=** е т . **1.** *Дыз-дыз еткен дыбыстың, үннің естілуі.* **2.** *Ауырғаннан, ыстықсуықтан, тағы басқа себептерден дененің шымырлауы.* **3.** *Зырылдау.* **4.** а у ы с . *Қолды-аяққа тұрмай шыдамсыздану, мазасыздану.*

**ДЫЗЫЛДАҚ** с ы н . э к с п р . *Дыз-дыз етіп күйгелектене беретін мазасыз, шыдамсыз, алып-ұшпа.*

**ДЫЗЫЛДАҚТЫҚ** з а т . *Дызылдақ болушылық, шыдамсыздық.*

**ДЫЗЫЛДАС=** е т . *Дыз-дыз еткен дыбыс шығарысу.*

**ДЫЗЫЛДАСУ** *Дызылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗЫЛДАТ=** е т . **1.** *Дыз-дыз еткізіп үн шығарту.* **2.** а у ы с . *Шырылдату, мазасыздандыру.*

**ДЫЗЫЛДАТУ** *Дызылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗЫЛДАУ** *Дызылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗЫЛДАУЫҚ** с ы н . с ө й л . ***Дызылдақ.***

**ДЫЗЫҢ** з а т . *Дыз-дыз еткен дыбыс.*

**ДЫЗЫҢДА=** е т . *Дыз-дыз ету.*

**ДЫЗЫҢДАТ=** е т . *Дыз-дыз еткізу.*

**ДЫЗЫҢДАТУ** *Дызыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫЗЫҢДАУ** *Дызыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҚ[1]** елік. *Тың еткен дыбысты білдіретін, тықылдатқан қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**ДЫҚ[2]** зат. *Көңілге түскен қаяу, кірбің, реніш.*

**Дық көрді**. *Кек тұтты.* **Дық тұтты [сақтады].** *Кек тұтты, ауыр алды.*

**ДЫҚАТ 1.** *Дақ.* **2.** *Көңілге түскен қаяу, кірбің.*

**Дықат көрді**. жерг. *Қайғы көрді, қасірет шекті.*

**ДЫҚАТТА=** ет. жерг. *Анықтап айту, пысықтап айту.*

**ДЫҚАТТАН=** ет. сөйл. ***Дықтан***.

**ДЫҚАТТАНУ** *Дықаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҚ-ДЫҚ** елік. *Қайта-қайта тықылдата басқан қимыл қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ДЫҚҚАРТ** сын. сөйл. ***Дықты***.

**ДЫҚСЫЗ** сын. сөйл. *Ренішсіз, кексіз, зілсіз.*

**ДЫҚТАН=** ет. **1.** *Кектену, қапалану.* **2.** *Ренжу, көңілі қалу.*

**ДЫҚТАНУ** *Дықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҚТЫ** сын. *Кекті, өшті, зілді.*

**Дықты болды.** *Кектенді, өшікті.*

**ДЫҚШЫЛ** сын. *Көңілге алғыш, болар-болмасқа ренжігіш.*

**ДЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Дықшыл болушылық..*

**ДЫМ[1]** зат. *Ылғал, сыз.*

**Дым бүрікті**. *Ылғалдады, жаңбыр сіркіреді.* **Дым тартты**. *Ылғалданды, суланды.*

**ДЫМ[2]** зат. *Үн, дыбыс.*

**Дымы бітті [өшті]**. *Үні басылды, үні шықпады.* ә) *Көзі құрыды, жоғалды, жойылды.* **Дымы құрыды**. а) *Шаршап-шалдықты, діңкеледі, болдырып тұралады.* ә) *Мысы құрыды.* **Дымын өшірді [құртты].** *Аузын жапты, үнін шығармады.* **Дымын шығармады**. а) *Үнін өшірді, үндетпеді.* ә) *Үндемеді, аузын ашпады.* **Дымын ішіне бүкті [сақтады]**. *Сырын ашпады.* **Дымын ішіне тартты**. *Үнін шығармай, тынып қалды.* **Дымы ішінде болды**. *Тіс жарып ештеңе айтпады, үндемеді.*

**ДЫМ[3]** есім. **1.** *Ештеңе, дәнеме, еш нәрсе де.* **2.** *Еш, ешбір, ешқандай.* **3.** *Біржола, мүлдем.*

**Дым білдірмеді [білдірген емес].** *Ештеңе сездірмеді, түк байқатпады.* **Дым бітірмеді.** *Ешбір істі тындырмады, еш нәрсе істемеді.* **Дым жоқ**. *Ештеңе жоқ, дәнеме жоқ.* **Дым көрмегендей.** а) *Еш нәрсені де байқамағансып, білмегенсіп.* ә) *Еш нәрсеге жарымағандай.* **Дымы қалмады.** а) *Барлық нәрсе жоқ болды, таусылды, бітті.* ә) *Асты-үстіне түсіп, бәйек болды, жалпақтады.* **Дымын қоймай мақтады.** *Әбден, жеріне жеткезе мақтады.* **Дым татырмады.** *Ештеңе бермеді, аузына нәр салғызбады, талшық тістеткізбеді.* **Дым сызбады [тартпады]**. *Тамақ ішпеді, нәр татпады.*

**ДЫМ[5]** үст. жерг. *Өте, тым, аса.*

**Дым біткен**. *Мүлдем естімейді, керең, саңырау.*

**ДЫМАҚ** зат. *Күш, жігер, қайрат, шама-шарық.*

**ДЫМАР** зат. кәс. *Түтін салып, араны қуатын құрал, аспап.*

**ДЫМБЫЛБАЙ** есім. сөйл. *Дым да, түк те, ештеңе де.*

**ДЫМДА=** ет. *Дымқылдау, сулау.*

**ДЫМДАЛ=** ет. *Дымқылдану, ылғалдану, сулану.*

**ДЫМДАЛУ** *Дымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМДАН=** ет. *Дымқылдану, сулану.*

**ДЫМДАНДЫР=** ет. *Дымқылдату, ылғалдандыру, суландыру.*

**ДЫМДАНДЫРУ** *Дымдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМДАНДЫРЫЛ=** ет. *Дымқылдандырылу, суландырылу.*

**ДЫМДАНУ** *Дымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМДАТ=** ет. *Дымқылдату, суландыру, ылғалдандыру.*

**ДЫМДАТУ** *Дымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМДАУ** *Дымда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМДЫ** сын. *Дымқыл, дымқос.*

**ДЫМКЕС** сын. сөйл. ***Дімкас***.

**ДЫМКЕСТЕН=** ет. сөйл. ***Дімкастан***.

**ДЫМКЕСТЕНУ** *Дымкестен етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМКЕСТЕУ** сын. сөйл. ***Дімкастау***.

**ДЫМКЕСТІК** зат. *Дімкес болушылық.*

**ДЫМКЕСТІК** зат. сөйл. ***Дімкастық***.

**ДЫМҚОС[1]** сын. *Дымқыл, ылғалды, сулы.*

**ДЫМҚОС[2]** сын. сөйл. ***Дімкас***.

**ДЫМҚОСТАН=** ет. *Ылғалдану, дымқылдану, сулану.*

**ДЫМҚОСТАНУ** *Дымқостан етістігінің қимыл атауы; дімкастану.*

**ДЫМҚОСТАУ** сын. *Дымқылырақ, дымқылдау, ылғалдау.*

**ДЫМҚОСТЫҚ** зат. *Дымқос болушылық, дымқылдық, ылғалдылық.*

**ДЫМҚЫЛ** сын. *Дымды, суланған, ылғалды.*

**Дымқыл тартты**. *Дымқылданды, суланды.*

**ДЫМҚЫЛДА=** ет. *Сулау, ылғалдау.*

**ДЫМҚЫЛДАН=** ет. **1.** *Ылғалдану, сулану, дымқостану.* **2.** ауыс. *Көзге жас алу, жасаурау.*

**ДЫМҚЫЛДАНДЫР=** ет. *Ылғалдандыру, суландыру.*

**ДЫМҚЫЛДАНДЫРУ** *Дымқылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМҚЫЛДАНУ** *Дымқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМҚЫЛДАТ=** ет. *Ылғалдандыру, дымқылдандыру.*

**ДЫМҚЫЛДАТУ** *Дымқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМҚЫЛДАУ[1]** сын. *Дымқылырақ, ылғалдау.*

**ДЫМҚЫЛДАУ[2]** *Дымқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМҚЫЛДЫҚ** зат. *Дымқыл болушылық, ылғалдылық.*

**ДЫМҚЫЛДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Дымқылдық***.

**ДЫМҚЫЛСЫЗ** сын. *Дымқылы жоқ, сусыз, ылғалсыз.*

**ДЫМҚЫЛТЫМ** сын. *Аздап дымқыл, дымды.*

**ДЫМҚЫЛЫРАҚ** сын. *Аздап дымқыл, ылғалдау, сулырақ.*

**ДЫМСЫЗ[1]** сын. *Ылғалсыз, дымқылсыз, сусыз..*

**ДЫМСЫЗ[2]** сын. *Еш нәрсе қалмаған, жұрдай.*

**ДЫМСЫЗДАН-ДЫМСЫЗ** сын. *Ештеңесіз, дәнемесіз.*

**ДЫМЫҒУ** *Дымық етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМЫҚ=** ет. **1.** *Дым тарту.* **2.** *Бұлығу, тұмандану.*

**ДЫМЫҚТЫР=** ет. *Дым тартқызу.*

**ДЫМЫҚТЫРУ** *Дымықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫМЫРАҚ[1]** сын. *Көбірек, соншалықты.*

**ДЫМЫРАҚ[2]** сын. сөйл. *Дымқылдау, дымқостау.*

**ДЫНДАН** зат. көне. *Піл сүйегінен жасалған, басқа елден сатып әкелінген қымбат тарақ.*

**ДЫҢ[1]** зат. көне. **1.** *Қола дәуірінің сәулет өнеріне тән өңделмеген тақтатастан қаланған шеңберлі құрылыс.* **2.** *Мазар, құлыптас.*

**ДЫҢ[2]** елік. *Кенет даң етіп шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**Дың еткізді.** а) *Дыңылдатты, домбыра тартты.* ә) *Қатты тиіп, дызылдатып жіберді.* **Дың етті.** а) *Дық етті, ауыртты.* ә) *Сап ете қалды, еске түсті.* **Дың қылды.** *Даң қылды, мазасын алды.*

**ДЫҢҒЫЛ[1]** зат. *Домбыра тартқанда шығатын дыбыс, үн.*

**ДЫҢҒЫЛ[2]** сын. *Өрескел, ожар, дөрекі.*

**ДЫҢҒЫЛДА=** ет. *Дың-дың еткізу.*

**ДЫҢҒЫЛДАТ=** ет. *Дың-дың еткен дыбыс шығарту.*

**ДЫҢҒЫЛДАТУ** *Дыңғылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҒЫЛДАУ** *Дыңғылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҒЫР** зат. *Дың-дың еткен дыбыс.*

**Дыңғыр етті**. *Даңғырады, қаңғыр етті.* **Дыңғыр қақты**. *Даңғырлаған дыбыс шығарды, дыңғырлады.*

**ДЫҢҒЫРА=** ет. **1.** *Тапталу, теп-тегіс болу.* **2.** *Даңғырау, кең төселу, жайылу.* **3.** ауыс. *Заулау, зауылдау, жүйтку.* **4.** ауыс. *Мыңғырту.* **5.** ауыс. *Дүмбірлеу, күмбірлеу.*

**ДЫҢҒЫРАҚ** зат. сөйл. *Дыңғырлатып ойнауға болатын аспап.*

**ДЫҢҒЫРАТ=** ет. **1.** *Дыңғыр-дыңғыр еткізу.* **2.** ауыс. *Тез бітіру, ылдым-жылдым аяқтау.* **3.** ауыс. *Көңілдендіру, мас қылдыру.*

**ДЫҢҒЫРАТУ** *Дыңғырат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҒЫРАУ** *Дыңғыра етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҒЫР-ДЫҢҒЫР** елік. *Қаңғұр-күңгір, даңғыр-дұңғыр еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ДЫҢҒЫРЛА[1]=** ет. *Дыңғыр-дыңғыр, қаңғыр-күңгір ету.*

**ДЫҢҒЫРЛА[2]=** ет. жерг. *Арық малдың тыңаюы.*

**ДЫҢҒЫРЛАҚ** сын. *Дыңғыр-дыңғыр еткіш, дыңғырлағыш.* // кекесін. *Әнші, күйші сымақ.*

**ДЫҢҒЫРЛАТ=** ет. *Дыңғыр-дыңғыр еткізу.*

**ДЫҢҒЫРЛАТУ** *Дыңғырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҒЫРЛАУ** *Дыңғырла етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢДАЙ** сын. сөйл. **1.** *Ортан қолдай, дардай, бір деген.* **2.** *Жап-жас, еңгезердей.* **3.** *Бақандай, айта қаларлықтай.* **4.** ауыс. *Қуатты, күшті, әлді.* **5.** ауыс. *Шебер, епті, оңтайлы.*

**ДЫҢ-ДЫБЫС** зат. *Дыбыр еткен үн, дыбыс.*

**ДЫҢ-ДЫҢ** елік. *Қайта-қайта дыңылдаған дыбысты білдіретін сөз.* **II.** ауыс. *Мыңғы-дыңғы, мең-зең.*

**Дың-дың еткізді.** а) *Дыңылдатты, дыңғыр-дыңғыр үн шығарды.* ә) *Ұрды, тартып-тартып жіберді.* **Дың-дың етті.** *Дыңылдады, шыңылдады, басы ауырды.*

**ДЫҢҚ** елік. *Кенет тыңқ еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Дыңқ еткізді.** *Дыңқылдатты, тыңқылдатты.*

**ДЫҢҚ-ДЫҢҚ** елік. *Қайта-қайта дыңқылдаған, тыңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ДЫҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Дыңқ-дыңқ дыбыс шығару, дыңылдау.* **2.** ауыс. *Діңкілдеу, дікілдеу, зіркілдеу.*

**ДЫҢҚЫЛДАТ=** ет. *Дыңқ-дыңқ еткізіп үн шығарту.*

**ДЫҢҚЫЛДАТУ** *Дыңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢҚЫЛДАУ** *Дыңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢЫЛ** зат. *Дың-дың еткен үн, дыбыс.*

**Дыңыл қақты**. *Дың-дың етіп безектеді, дабылдады, дыбыс берді.*

**ДЫҢЫЛДА=** ет. **1.** *Дыңылдаған дыбыс шығару.* **2.** *Бастың дың-дың етіп ауруы, шыңылдау.* **3.** ауыс. *Сақадай сай тұру.* **4.** ауыс. *Дық-дық, тық-тық етіп қатып қалу.* **5.** ауыс. *Дыңдай болып түзеліп кету.* **6.** ауыс. *Көкіректі керу, шалқыту.*

**ДЫҢЫЛДАС=** ет. *Қосыла дың-дың етісу.*

**ДЫҢЫЛДАСУ** *Дыңылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢЫЛДАТ=** ет. *Дыңылдаған дыбыс шығарту, дың-дың еткізу.*

**ДЫҢЫЛДАТУ** *Дыңылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫҢЫЛДАУ** *Дыңылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫП-ДЫМҚЫЛ** сын. *Ылғалдау, кебіңкіреген.*

**ДЫП-ДЫРДАЙ** сын. сөйл. ***Дап-дардай***.

**ДЫР**[1] сын. **1.** *Аса үлкен, ірі, зор.* // жерг. *Зор атаққа, беделге ие адам.* **2.** ауыс. *Кеңбайтақ.*

**Дыр күш.** *Үлкен күш.* **Дыр қамшы**. сөйл. ***Дырау қамшы***.

**ДЫР**[2]: **дыр еткізді**. а) *Дар еткізді, дырылдатып жыртты.* ә) *Іштен оқыс жел шығарды.* **Дыр етті**. а) *Гүр етті, гүрілдеді.* ә) *Дүрлікті, дүркіреді.* ә) *Дар етті, жыртылды.*

**ДЫРАҢ** сын. жерг. *Ірі, зор, үлкен, дәу.*

**ДЫРАП** зат. сөйл. ***Драп*** *(сыртқы киім тігуге арналған қалың мата).*

**ДЫРАПА** сын. жерг. *Биік, үлкен, жуан.*

**ДЫРАТ** зат. жерг. *Кендір жіп.*

**ДЫРАУ**[1] зат. этн. *Жуан тілінген таспадан өріліп жасалған өрімі жуан қамшы.*

**ДЫРАУ**[2] [ир. درّه] сын. **1.** *Үлкен, ірі, жуан.* **2.** *Мықты, зор, дөкей, ығай мен сығай.* **3.** ауыс. *Атақты, даңқты, дәрежесі жоғары.*

**Дырау қамшы [бишік]**. этн. *Таспадан өрілген жуан қамшы, бишік.*

**ДЫРАУДАЙ** сын. сөйл. *Еңгезердей, дырдай.*

**ДЫРАУСЫН=** ет. сөйл. *Өзін-өзі мықты етіп көрсету, зорсыну, үлкенсу.*

**ДЫРАУСЫНУ** *Дыраусын етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРАУЫЛДАЙ** сын. сөйл. *Дырдай, дардай, дыраудай.*

**ДЫРАУЫНДАЙ** сын. сөйл. ***Дырдай***.

**ДЫРДАЙ** сын. **1.** *Соқталдай, білдей, дардай.* **2.** ауыс. *Даңқты, әйгілі.* **3.** ауыс. *Бақандай, айта қаларлықтай.*

**Дырдай атақ.** *Жоғары атақ, лауазымды атақ.*

**ДЫРДАЙ-ДЫРДАЙ** сын. *Бәрі де білдей, дардай.*

**ДЫРДАЙСЫН=** ет. *Өзінше әлдеқандай болғансу, білдей болғансу.*

**ДЫРДАЙСЫНУ** *Дырдайсын етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДИ=** ет. **1.** *Серею, тыраю.* **2.** ауыс. *Өзін-өзі әлдеқандай етіп ұстау, ісініп-кебіну, көкірегін көтеру.*

**ДЫРДИТ=** ет. *Көкірегін көтерту, ісіндіріп-кебіндіру.*

**ДЫРДИТУ** *Дырдит етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДИЮ** *Дырди етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДУ** зат. *У-шу, сауық-сайран, ойын-күлкі, думан.*

**Дырду қылды [құрды]**. *Думандатты, сауықтады.* **Дырдумен жүрді.** *Сауық-сайран құрды, көңіл көтерді.* **Дырдумен өтті**. *Алаңсыз ойын-күлкі, айқай-шумен өтті.*

**ДЫРДУ-ДУМАН** зат. *Сауық-сайран, ойын-сауық.*

**ДЫРДУ-ДҮРМЕК** зат. **1.** *Дүрбелең, аласапыран.* **2.** ауыс. *Талас-тартыс.*

**Дырду-дүрмекпен жүрді.** *Талас-тартыстың ортасында жүрді.*

**ДЫРДУ-ДЫРДУ** зат. *Қайталанған у-шу, ойын-күлкі.*

**ДЫРДУЛА=** ет. *Улап-шулау, даурығу.*

**ДЫРДУЛАН=** ет. *Әбігерлену, абыржу.*

**ДЫРДУЛАНУ** *Дырдулан етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДУЛАС=** ет. *Улап-шуласу, әбігерленіп даурығысу.*

**ДЫРДУЛАСУ** *Дырдулас етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДУЛАТ=** ет. *Улатып-шулату, даурықтыру.*

**ДЫРДУЛАТУ** *Дырдулат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДУЛАУ** *Дырдула етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРДУЛЫ** сын. *Ду-думанды, сауық-сайранды, у-шулы.*

**ДЫРДУЛЫҚ** зат. *Желікпелік, желігушілік.*

**ДЫР-ДУМАН** зат. *Ойын-сауық, той-думан, тамаша.*

**Дыр-думан етті**. *Қызықтады, тойлады, мерекеледі.*

**ДЫРДУСЫЗ** сын. *У-шусыз, айқай-ұйқайсыз.*

**ДЫРДУШЫЛ** сын. *Ойын-сауықшыл, думаншыл.*

**ДЫР-ДЫР** елік. *Қайта-қайта дырылдап шыққан, дарылдаған үнді бейнелейтін сөз.*

**Дыр-дыр еткізді**. *Дырылдатты, дар-дұр еткен дыбыс шығарды.* **Дыр-дыр етті.** *Дырылдады, дарылдады.* **Дыр-дыр қасыды [қасынды]**. *Денесін тырнап тастады.*

**ДЫРИ=** ет. сөйл. *Серею, тыраю.*

**ДЫРИТ=** ет. қарап. **1.** *Серейту, тыриту.* **2.** ауыс. *Әлдеқандай ету, дарбиту, баттиту.*

**ДЫРИТУ** *Дырит етістігінің қимыл атауы; әлдеқандай ету.*

**ДЫРИЮ** *Дыри етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРҚЫ** сын. сөйл. **1.** *Көп күле беретін, күлегеш.* **2.** ауыс. *Шабаланып ұре беретін.*

**ДЫРҚЫРА=** ет. *Дырқ-дырқ ету, сарқырау..*

**ДЫРҚЫРАТ=** ет. сөйл. жерг. ***Тырқырат***.

**ДЫРҚЫРАТУ** *Дырқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРМАН** сын. жерг. *Үлкен, зор, ірі.*

**ДЫРПЫЛДА=** ет. *Дырп-дырп ету, тырпылдау.*

**ДЫРПЫЛДАТ=** ет. *Дырп-дырп еткізу, тырпылдату.*

**ДЫРПЫЛДАТУ** *Дырпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРПЫЛДАУ** *Дырпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРР** од. *Жүріп, желіп, шауып келе жатқан жылқы малын тоқтату үшін айтылатын одағай.*

**Дырр дегізді.** сөйл. *Дырылдатып оқ атты.*

**ДЫРЫЛ** зат. **1.** *Дыр-дыр еткен дауыс, үн.* **2.** *Карудың от алып атылған дыбысы.*

**ДЫРЫЛДА=** ет. **1.** *Дыр-дыр етіп дыбыс шығарту.* **2.** *Гүр-гүр еткен дыбыс шығару, дүрілдеу.* **3.** *Дарылдау, шарылдау.* **4.** *Дүркіреп қашу.* **5.** *Пыр-пыр етіп ұшу.*

**ДЫРЫЛДАҚ**[1] зат. кәс. *Аңшылардың құсты, аңды үркітетін арнайы аспабы.*

**ДЫРЫЛДАҚ**[2] зат. сөйл. *Мәшине, мотоцикл.* // *Дырылдай беретін, дырылдағыш.*

**ДЫРЫЛДАТ=** ет. **1.** *Гүр-гүр еткіздіру, дүрілдету.* **2.** *Оқ ату, атқылау.* **3.** *Дыр-дыр еткізіп жырту.* **4.** ауыс. *Зырылдату, зуылдату.*

**ДЫРЫЛДАТУ** *Дырылдат етістігінің қимыл атауы; зырылдату.*

**ДЫРЫЛДАУ** *Дырылда етістігінің қимыл атауы.*

**ДЫРЫЛДАУЫҚ** сын. сөйл. ***Дырылдақ.***

**ДЫРЫМБАЙ** сын. қарап. ***Дырдай***.

**ДЫРЫМДАЙ** сын. сөйл. ***Дырдай***.

**ДЫТ**: **дыт дегізіп.** сөйл. *Ешкімге айтпастан, білдірместен.*

**ДІГЕР**[1] сын. жерг. *Үлкен, жуан, зор.*

**ДІГЕР**[2]: **дігер салды [қақты, ойнатты].** *Апшысын қуырып тықсырды, дікілдеді, тықақтады.*

**ДІГЕРДЕЙ** сын. *Ірі, кесек, зор.*

**ДІГЕРЕКТЕ=** ет. *Дік-дік ету, дікіңдеу.*

**ДІГЕРЕКТЕТ=** ет. *Дік-дік еткізу, дікіңдету.*

**ДІГЕРЕКТЕТУ** *Дігеректет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГЕРЕКТЕУ** *Дігеректе етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГЕРЛЕ=** ет. **1.** *Дікіңдеу, тықақтау.* **2.** *Асықтыру, дызықтыру.*

**ДІГЕРЛЕН=** ет. *Тақымдалу, сілкіну.*

**ДІГЕРЛЕНУ** *Дігерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГЕРЛЕТ=** ет. *Дікіңдету, тықақтату, маза бермей тақымдату.*

**ДІГЕРЛЕТУ** *Дігерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГЕРЛЕУ** *Дігерле етістігінің қимыл ата-уы.*

**ДІГІР** зат. *Зорлық-зомбылық, өктемдік, үстемдік.*

**Дігір салды**. *Тықсырды, тықақтады.*

**ДІГІРДЕЙ-ДІГІРДЕЙ** сын. *Соқталдай, сомадай, еңгезердей.*

**ДІГІРЛЕ=** ет. *Зіркілдеу, мазалау, дігерлеу.*

**ДІГІРЛЕК** сын. *Зіркілдеген, өктем.*

**ДІГІРЛЕН=** ет. *Мазалану, тықақталу.*

**ДІГІРЛЕС=** ет. *Жан-жақтан дігер салып мазаны алу.*

**ДІГІРЛЕСУ** *Дігірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГІРЛЕТ=** ет. *Мазалату, мазасын алдыру, зіркілдету.*

**ДІГІРЛЕТУ** *Дігірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГІРЛЕУ**[1] сын. *Өктемдеу, дігір салғыштау.*

**ДІГІРЛЕУ**[2] *Дігірле етістігінің қимыл атауы.*

**ДІГІРМАН** зат. жерг. ***Диірмен***.

**ДІГІРШІК** зат. жерг. *Мәшиненің арт жағына орналасқан тетік, тегершік.*

**ДІГІРІК: дігірік салды.** сөйл. ***Дігер салды***.

**ДІЗ=** ет. сөйл. ***Тіз***.

**ДІЗАЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Тызалақта***.

**ДІЗБЕК** зат. сөйл. ***Тізбек***.

**ДІЗБЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Тізбеле***.

**ДІЗГІ** зат. *Жақсы-жаманды саралаушы, жөн-жоба көрсетуші.*

**ДІЗГІН** зат. сөйл. ***Тізгін***.

**Дізгін ұшымен келу**. жерг. *Асығыс келу, аса тез келу.* **Дізгінін қолына алды.** *Билік, үстемдік, қожалық етті.* **Дізгінін тартты**. *Қаймықты, тоқтады.* **Дізгінін үзді**. *Қарым-қатынасын үзді, доғарды.*

**ДІЗГІНДЕ=** ет. сөйл. ***Тізгінде***.
**ДІЗЕ** зат. сөйл. ***Тізе***.
**Дізе бүкті**. а) *Отырды*. ә) *Бас иді, бағынды, мойынсұнды*.
**ДІЗЕҚАП** зат. сөйл. ***Тізеқап***.
**ДІЗЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Тізеле***.
**ДІЗЕЛЕС** сын. *Қатарма-қатар, іргелес, бірге*.
**ДІЗЕЛЕС=** ет. сөйл. ***Тізелес***.
**ДІЗЕЛЕУ** *Дізеле етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЗЕРЛЕ=** ет. сөйл. **1.** ***Тізерле***. **2.** ауыс. *Тізеге салу, басу, тебу*.
**ДІЗЕРЛЕС=** ет. сөйл. ***Тізерлес***.
**ДІЗЕРЛЕТ=** ет. сөйл. *Тізе бүктіру, тізерлету*.
**ДІЗЕРЛЕТУ** *Дізерлет етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЗЕРЛЕУ** *Дізерле етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЗІЛ=** ет. *Тізбектелу, тізіліп қойылу*. Ж
**ДІЗІЛУ** *Дізіл етістігінің қимыл атауы*.
**ДІК** елік. *Заттың қатты нәрсеге қадалғанда, тигенде, адамның секіріп түскенінде шығатын қысқа дыбысын білдіретін сөз*.
**Дік етті**. а) *Дәл түсті, тез жетті*. ә) *Топ етті, дық етті*. б) *Қыдыңдады, дікіңдеді*.
**ДІК-ДІК** елік. **1.** *Тамырдың, жүректің лүп-лүп соғуын білдіретін сөз*. **2.** *Бір нәрсені қатты екпінмен ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз*. **3.** *Жүгіргенде, секіргенде, жүргенде шығатын тық-тық, дық-дық еткен дыбысты бейнелейтін сөз*. **4.** ауыс. *Нақпа-нақ, түп-тура, дәлме-дәл*.
**Дік-дік етеді**. а) *Жеп-жеңіл, тықылдап жүгірді, ойнақшыды*. ә) *Қылқылдады, дікіңдеді, дікің-дікің етті*.
**ДІКЕК**: **дікек қақты**. *Дікеңдеді, дікектеді*.
**ДІКЕКТЕ=** ет. **1.** *Делебесі қозу, тыпыршу*. **2.** ауыс. *Тықақтау, дікің-дікің ету; екі аяғын бір етікке тығу*.
**ДІКЕКТЕС=** ет. *Дікің-дікің етісу, тықақтасу*.
**ДІКЕКТЕТ=** ет. **1.** *Тыпырлату, өршелендіру*. **2.** ауыс. *Тықақтату, дікіңдету, кіжіңдету*.
**ДІКЕКТЕТУ** *Дікектет етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКЕКТЕУ** *Дікекте етістігінің қимыл атауы; тықақтау*.
**ДІКЕҢ**: **дікең қақты**. *Дікеңдеді, кіжіңдеді, тықақтады*.
**ДІКЕҢДЕ=** ет. *Қожаңдау, кіжіңдеу*.
**ДІКЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Ойнақшыту, тыпыршыту*. **2.** ауыс. *Қожаңдату, кіжіңдету*.
**ДІКЕҢДЕТУ** *Дікеңде етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКЕҢДЕУ** *Дікеңде етістігінің қимыл атауы; кіжіңдеу, дікіңдеу*.
**ДІКЕҢ-ДІКЕҢ**: **дікең-дікең етті**. *Қыдыңдады, қожаң-қожаң етті, дікілдеді, зіркілдеді*.
**ДІКИ=** ет. сөйл. *Тіп-тік болу, тікірею*.
**ДІКИТ=** ет. *Тікірейту*.
**ДІКИТУ** *Дікит етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКИЮ** *Діки етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКТЕС=** ет. *Бір-біріне дікіңдеу, жұз шайысу, ренжісу*.
**ДІКТЕСУ** *Діктес етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІЛ** зат. **1.** *Дік-дік еткен дыбыс, тықыл*. **2.** ауыс. *Кіжің, ұрыс*.
**ДІКІЛДЕ=** ет. *Қожаңдау, кіжіңдеу, дікіңдеу*.
**ДІКІЛДЕК** сын. сөйл. *Тықылдақ, бөспе*.
**ДІКІЛДЕН=** ет. *Дікің-дікің ету, кіжің-кіжің ету*.
**ДІКІЛДЕНУ** *Дікілден етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІЛДЕС=** ет. *Қосыла қожаңдау, кіжіңдесу, дікіңдесу*.
**ДІКІЛДЕСУ** *Дікілдес етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІЛДЕТ=** ет. **1.** *Дік-дік етіп басу*. **2.** ауыс. *Алды-артына қаратпай асықтыру, дызықтыру*.
**ДІКІЛДЕТУ** *Дікілдет етістігінің қимыл атауы; асықтыру*.
**ДІКІЛДЕУ** *Дікілде етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІЛЕН=** ет. *Дікің-дікің етілу, дікілдену*. –
**ДІКІЛЕНУ** *Дікілен етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІЛІКТЕ=** ет. сөйл. *Дікің-дікің ету, дікілдеу*. .
**ДІКІЛІКТЕУ** *Дікілікте етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІҢ**: **дікің қақты**. *Дік-дік етіп қоқаңдады, кіжіңдеді*.
**ДІКІҢДЕ=** ет. *Дікілдеу, кіжіңдеу*.
**ДІКІҢДЕС=** ет. *Дікілдесу, кіжіңдесу*.
**ДІКІҢДЕСУ** *Дікіңдес етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІҢДЕТ=** ет. *Кіжіңдету, дікілдету*.
**ДІКІҢДЕТУ** *Дікіңдет етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІҢДЕУ** *Дікіңде етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІҢ-ДІКІҢ**: **дікің-дікің етті**. *Дікілдеді, қожаң-қожаң етті, кіжіңдеді*.
**ДІКІРЕҢДЕ=** ет. сөйл. *Дікің-дікің ету, қожаңдау, әкіреңдеу*.
**ДІКІРЕҢДЕТ=** ет. *Дікің-дікің еткізу*.
**ДІКІРЕҢДЕТУ** *Дікіреңдет етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІРЕҢДЕУ** *Дікіреңде етістігінің қимыл атауы*.
**ДІКІРТ=** ет. *Нығырту, үстемдік көрсету*.
**ДІЛ** зат. **1.** *Көңіл, діт, ниет, ой-пікір, жан дүниесі, таза жүрек, терең ой*. **2.** терм. *Адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғымы, менталитет*.
**ДІЛБАС** зат. **1.** мед. *Тамақтың қызарып, ісіп ауруы, баспаның бір түрі*. **2.** вет. *Түйенің тынысын тарылтатын ауру, көмекей құрт, тілбас*.
**ДІЛГАР** сын. сөйл. ***Ділгер*** *(зәру, мұқтаж)*.
**ДІЛГӘР** сын. сөйл. ***Ділгер***.
**ДІЛГӘРЛІК** зат. сөйл. ***Ділгерлік***.
**ДІЛГЕР** сын. *Зәру, қат, мұқтаж*.
**Ділгер мамандық**. *Сұранысқа ие, зәру мамандық*. **Ділгер мәселе**. *Өткір қойылған өзекті мәселе*. **Ділгері құрыған**. *Мысы құрыған, дәрмені кеткен*.
**ДІЛГЕРЛЕ=** ет. *Жеделдету, дызықтыру*.
**ДІЛГЕРЛЕН=** ет. *Жеделдетілу, тездетілу*.
**ДІЛГЕРЛЕНУ** *Ділгерлен етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛГЕРЛЕТ=** ет. *Жеделдеткізу, тездеттіру, жөппелеткізу*.
**ДІЛГЕРЛЕТУ** *Ділгерлет етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛГЕРЛЕУ** *Ділгерле етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛГЕРЛІ** сын. *Мұқтажды, зәрулі*. .
**ДІЛГЕРЛІК** зат. *Ділгер болушылық, зәрулік, мұқтаждық*.
**ДІЛГЕРСІН=** ет. *Зәру болғансу, мұқтаж санау, қат көру*.
**ДІЛГЕРСІНУ** *Ділгерсін етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛГІР** сын. сөйл. ***Ділгер***.
**Ділгір болды**. *Өте зәру, мұқтаж болды*.
**ДІЛГІРЛІК** зат. сөйл. ***Ділгерлік***.
**Ділгірлік сорына белден батты**. *Мұқтаждыққа түсті, жоқтық-мұқтаждық азабын тартып отыр*.
**ДІЛДА** [ир. طلا] зат. көне. **1.** *Құны бес теңгелік алтын ақша*. **2.** *Алтын, күміс ақша*.
**ДІЛДАЛЫҚ** сын. *Ділдаға тұрарлық*.
**ДІЛДАР** зат. *Тілі мен жағына сүйенген берекесіздеу адам*.
**ДІЛДӘ** зат. сөйл. ***Ділда***.
**ДІЛМАР** сын. **1.** жағымды. *Тілге шешен, сөзге бай, тілмар*. **2.** жағымсыз. *Сөзуар, мылжың, керауыз*.
**Ділмар сөз**. *Ғибрат түрінде айтылатын бейнелі сөз, қанатты сөз, афоризм*.
**ДІЛМАРЛАН=** ет. *Тілі мен жағына сүйеніп, бос сөзге салыну, білгішсу, шешенсу*.
**ДІЛМАРЛАНУ** *Ділмарлан етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛМАРЛЫҚ** зат. **1.** жағымды. *Ділмар болушылық, сөзге жүйріктік, шешендік, тілмарлық*. **2.** ауыс. жағымсыз. *Сөзуарлық, керауыздық, мәнсіз сөз қуушылық*.
**Ділмарлыққа салды [салынды]**. *Ділмарланды, шешен сөйледі*.
**ДІЛМАРСУ** *Ділмарсы етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛМАРСЫ=** ет. *Шешенсу, ділмарлану, тілмарсу*.
**ДІЛМАРСЫН=** ет. *Шешенсіну, білгішсіну*.
**ДІЛМАРСЫНУ** *Ділмарсын етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛМАРСЫТ=** ет. *Тіл мен жағына сүйендіру, шешенсіту*.
**ДІЛМАРСЫТУ** *Ділмарсыт етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛМӘР** сын. сөйл. ***Ділмар***.
**ДІЛМӘРЛІК** зат. сөйл. ***Ділмарлық***.
**ДІЛМӘРСУ** *Ділмәрсі етістігінің қимыл атауы*.
**ДІЛМӘРСІ=** ет. сөйл. ***Ділмарсы***.
**ДІЛМӘРСІН=** ет. сөйл. ***Ділмарсын***.
**ДІЛУАР** сын. жерг. *Тілмар, шешен, сөзшең*.
**ДІМКАР** сын. сөйл. ***Дімкас***.
**ДІМКАС** сын. **1.** *Аздаған сырқаты бар, көптен бері білдірмей жүрген ауруы бар, аурушаң*. **2.** ауыс. *Істен шыққан, бұзылған, жөндеуді керек ететін*.
**ДІМКАСТАЙ** сын. *Дімкас сияқты, ауру адамдай*.
**ДІМКАСТАН=** ет. *Сырқаттану, ауыру*.
**ДІМКАСТАНУ** *Дімкастан етістігінің қимыл атауы*.
**ДІМКАСТАУ** сын. *Аурушаңдау, науқасшаңдау*.
**ДІМКАСТЫҚ** зат. *Дімкас болушылық, аурушаңдық, жарымжандық*.
**Дімкастық меңдеді**. *Ауруы асқынды, науқасы күшейді*.
**ДІМКӘР** сын. сөйл. ***Дімкас***.
**ДІМКӘРЛІК** зат. сөйл. ***Дімкастық***.
**ДІМКӘС** сын. сөйл. ***Дімкас***.
**ДІМКӘСТАН=** ет. сөйл. ***Дімкастан***.
**ДІМКӘСТЕН=** ет. сөйл. ***Дімкастан***.
**ДІМКӘСТЕНУ** *Дімкәстен етістігінің қимыл атауы*.
**ДІМКӘСТІ** сын. *Денсаулығы бұзылған, ауруы бар*.
**ДІМКӘСТІК** зат. сөйл. ***Дімкастік***.
**ДІМКЕС** сын. сөйл. ***Дімкас***.
**ДІМКЕСТЕУ** сын. сөйл. ***Дімкастау***.
**ДІМСЕ** сын. көне. *Қымбат, бағалы*.
**ДІН**[1] [ар. دين] зат. <лат. religio> *Адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сеніп, оны мойындауға негіз болатын адамзат қоғамындағы аса күрделі*

*де маңызды қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс.*

**Дін бұзғыш.** *Дінді бетке ұстап пайда тапқыш, дінсіз.* **Дін бұзды**. *Сенімінен бас тартты, Құдайға құлшылық етудің қалыптасқан тәртібінен ауытқыды, дінін ұстанбады.* **Дін жолы.** *Тұтынатын дінінің ұстанымы, бағыт-бағдары.* **Дін иелері**. *Дін үйретуге қызмет ететін діндар адамдардың тобы.* **Дін ислам.** поэт. а) *Ислам діні.* ә) *Ислам діниндегі елдер, ислам қауымы, ислам мемлекеті.* **Дін күтті**. *Құдайға сиынды, жолын қуды.* **Дін мұсылман [дін ислам].** *Мұсылман дініне енушілердің бәрі, ислам дінін қолдаушылар.* **Діннен азды**. *Құдай жолынан безді деген мағынада.* **Діннен шықты [безді].** *Дін жолынан тайды.* **Дін оқуы.** *Діни сауат ашатын оқу түрі.* **Дін орны.** *Сиынып, мінажат қылатын, діни сауатын көтеретін мекенжай.* **Дін психологиясы.** *Діни сананың ерекшеліктеріне, құрылымы мен функцияларына негіз болатын психологиялық және әлеуметтік-пси-хологиялық факторларды зерттейтін психология саласы.* **Дін тұту.** *Дін қағидаларын ұстану.* **Діні бөлек**. *Ұстанған діні мен наным-сенімі мүлде басқа.* **Діні жұмсақ**. *Өте мейірімді, аяғыш, қайырымды.* **Діні қатты [қатал]**. *Мейірімсіз, қатыгез.* **Дін ілімі**. *Әр алуан діндегі басты қағидаларды жүйеге келтіріп, олардың негізін дәлелді етіп көрсетуге бағытталған діни теорияның жиынтығы; теология.* **Дінін бұзды.** а) *Ұстанған дінінен ауытқыды.* ә) *Жолдан тайды; сертінен айныды.* **Дінін сатты**. *Арын, ұятын айырбастады.* **Дініне берік.** а) *Ұстанған дінінен, оның қағидасынан ауытқымайтын.* ә) *Өте, қатал, қатыгез (адам).*

**ДІН**[2] зат. сөйл. *Дің, діңгек.*

**ДІН**[3]**: дін аман.** *Бәрі де сау-саламат, шығын жоқ, бұрынғы қалпынша.*

**Дін қойды**. сөйл. *Ден қойды (бар көңілмен, ынты-шынтысымен мән берді).* **Дін таза.** *Тап-таза, былғанбаған.*

**ДІНАРАЛЫҚ** сын. *Әртүрлі дінге қатысты.*

**ДІНБАСЫ** зат. *Дін идеясын ұйымдастырушы, соған жетекшілік етуші жоғары лауазым иесі.*

**ДІНБАСЫЛЫҚ** зат. *Дінбасы қызметін атқарушылық.*

**ДІНБҰЗАР** зат. *Діннен безген адам, күнәкар.*

**ДІНБҰЗАРЛЫҚ** зат. *Дінге қарсы әрекет. // Дінбұзар болушылық.*

**ДІНҒУАР** сын. сөйл. ***Діндар***.

**ДІНДАР** [ар. دیندار] сын. *Дінге сенгіш, Құдайшыл, тақуа, сопы.*

**ДІНДАРДАЙ** сын. *Діндар тәрізді, діндар сияқты.*

**ДІНДАРЛАУ** сын. *Дінге сенгіштеу, діншілдеу, құдайшылдау.*

**ДІНДАРЛЫҚ** зат. *Діндар болушылық, дінге берілгендік, діншілдік.*

**ДІНДАРМАН** сын. көне. ***Діндар***.

**ДІНДАРСУ** *Діндарсы етістігінің қимыл атауы.*

**ДІНДАРСЫ=** ет. *Дінге берілген, діндар адам болып көріну.*

**ДІНДАРСЫН=** ет. *Дінге берілгенсу, діндар болғансу.*

**ДІНДАРСЫНУ** *Діндарсын етістігінің қимыл атауы.*

**ДІНДӘР** сын. сөйл. ***Діндар***.

**ДІНДӘРЛІК** зат. сөйл. ***Діндарлық***.

**ДІНДЕС** сын. *Бір дінге сенетін, діні бірге. // Бір діндегі, діні бір адам.*

**ДІНДЕСТІК** зат. *Діндес болушылық.*

**ДІНДІ** сын. *Діні бар, дінге сенетін.*

**ДІНДІК** сын. *Дінге қатысты, дінге тән. // Дінге қатыстылық.*

**ДІНИ** [ар. دینی] сын. *Дінге тән, дін тұрғысынан.*

**Діни әдебиеттер**. *Белгілі бір діннің мәні мен мағынасын түсіндіруге, уағыздауға арналған кітаптар, шығармалар, аңыздардың жиынтық атауы.* **Діни бәсеке.** *Діни ағымдар арасындағы бақталастық.* **Діни ғимараттар [құрылыстар]**. *Дін парызын өтеуге, Құдайға ғибадат етуге арнап салынған құрылыс.* **Діни дастандар**. *Ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларының есімдеріне байланысты мифтік аңыздар негізінде туған дастандар.* **Діни дәстүрлер [ғұрыптар].** *Діни танымға байланысты ғұрыптар жиынтығы.* **Діни қисса**. *Пайғамбарлар мен әулие-әнбиелер, періштелер мен сахабалар т.б. өмірі мен олардың дін жолындағы іс-әрекеті туралы шығарма.* **Діни лауазымдар мен атақтар**. *Әрбір діндегі ішкі құрылымдық ерекшелікке қарай сатыланатын қызмет пен атақтар.* **Діни мерекелер [мейрамдар]**. *Әрбір дінді ұстанушылардың ерекше қастерлейтін мейрам күндері.* **Діни оқу орындары**. *Діни қызметкерлер, дінтанушы мамандар даярлайтын, жалпы халықтың діни сауатын ашуға арналған оқу орындары.* **Діни уағыз.** *Діннің өзгермейтін, даусыз «ақиқат» деп танылатын негізгі қағида ережелері. Ислам дінінің басты уағыздары Құран мен Суннада жинақталған.*

**ДІНҚАРЫНДАС** зат. *Діні бір туысқан.*

**ДІНСІЗ** сын. **1.** *Дінге сенбейтін, Құдайды мойындамайтын.* **2.** ауыс. *Мейірімсіз, қатыгез, кәпір. // Дінге сенбейтін, діні жоқ адам.*

**ДІНСІЗДІК** зат. *Дінсіз болушылық, дінге сенбеушілік, Құдайдың барлығын мойындамаушылық.*

**ДІНТАНУ** зат. *Ислами білім негіздерін үйрететін пән.*

**ДІНТАНУШЫ** зат. *Теологиялық ілімдер жүйесінің маманы, зерттеуші, дінтанумен айналысатын адам.*

**ДІНШЕ** үст. *Дін бойынша.*

**ДІНШІ** сын. сөйл. ***Діншіл***. *//Діншіл адам.*

**ДІНШІЛ** сын. *Құдайға сенгіш, дінге берілген.*

**ДІНШІЛДІК** зат. *Діншіл болушылық, Құдайға сенушілік, дінге берілгендік.*

**ДІНШІЛІК** зат. сөйл. ***Діншілдік***.

**ДІҢ**[1] зат. **1.** өс. <лат. caudex> *Ағаштың бұтақ тарайтын, жапырақ өсетін негізгі бөлігі.* **2.** ауыс. *Тірек, таяныш.*

**ДІҢ**[2] зат. тех. *Шахталық көтергіш қондырғылар орнатылған ғимарат.*

**ДІҢ**[3]**: дің қойды.** *Құлан-таза болып аурудан айықты.*

**ДІҢГЕК** зат. **1.** *Жерге қазып орнатқан бағана, тіреу.* **2.** *Талдың тұтас денесі, діңі.* **3.** *Белгілі бір мақсатта пайдалану үшін орнатылған таяныш, қада, кейде мұнара, бағана.* **4.** *Кемеде желкенді бекітуге арналған биік бағана.* **5.** *Белағаш астына қойылатын тіреу, арқалық.* **6.** ауыс. *Арқасүйер тірек, таяныш.*

**Діңгегі сынған желкенше құлады**. *Тірек, таянышынан айырылды.*

**ДІҢГЕК-АНТЕННА** зат. физ. *Таратушы антенна ретінде пайдаланылатын, изоляцияланған тірекке орнатылған металл діңгек.*

**ДІҢГЕКСІЗ** сын. *Діңгектің қатысынсыз, тірексіз, таянышсыз.*

**ДІҢГЕКТЕ=** ет. *Діңгектей қатайып, жуандап кету.*

**ДІҢГЕКТЕЙ** сын. **1.** *Діңгек тәрізді, діңгек сияқты.* **2.** ауыс. *Жуан, үлкен.*

**ДІҢГЕКТЕЙ-ДІҢГЕКТЕЙ** сын. *Соқталдай, сойдауылдай, сырықтай.*

**ДІҢГЕКТІ** сын. *Діңгегі бар, діңгек орнатылған.*

**Діңгекті үлпа.** бот. *Негізгі ұлпаға жататын фотосинтездеуші ұлпаның құрамында болатын жасушалар тобы.*

**ДІҢГЕКШЕ** зат. *Кішірек діңгек.*

**ДІҢГЕКШЕ** үст. *Діңгек тәрізденіп, соған ұқсап.*

**ДІҢГЕНЕ** зат. мед. <лат. scorbutus> *Зат алмасуының бұзылуынан тістің қызыл иек еттерінің қанап ауыратын ауруы, құрқұлақ.*

**ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ** елік. *Діңкілдеген жіңішке үнді білдіретін сөз.*

**ДІҢГІР** зат. *Дыңғырлаған жіңішке үн.*

**ДІҢГІРЛЕ=** ет. **1.** *Діңгір-діңгір ету.* **2.** ауыс. *Тықақтау, дікілдеу.*

**ДІҢГІРЛЕТ=** ет. **1.** *Діңгір-діңгір еткізу.* **2.** ауыс. *Тықақтату, дікілдету.*

**ДІҢГІРЛЕТУ** *Діңгірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢГІРЛЕУ** *Діңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢГІТТЕЙ** сын. сөйл. *Ортан қолдай, бір мынау деген, зіңгіттей.*

**ДІҢДЕЙ** сын. *Дырдай, дыраудай, ортан қолдай.*

**ДІҢДЕЙ-ДІҢДЕЙ** сын. жерг. *Үлкен-үлкен, дәу-дәу.*

**ДІҢК**: **діңк еткізді.** *Тіңк етіп құлатты.*

**ДІҢКӘР** зат. *Ашулы, кекті адам.*

**Діңкәрін құртты.** *Мысын құртты, діңкелетті.*

**ДІҢК-ДІҢК**: **діңк-діңк етті**. *Дікіңдеді, қоқаңдады, дік-дік етті.*

**ДІҢКЕ** зат. *Жан-жүйе, жүйке.*

**Діңкесі қатты.** *Діңкеледі, сілесі қатты.* **Діңкесі құрыды.** а) *Шаршап-шалдықты, діңкеледі, титықтады.* ә) *Не істерін білмей дал болды, мысы құрыды.* **Діңкесіне тиді**. *Титығына жетті, ығыр қылды, мезі етті.* **Діңкесін құртты.** *Діңкелетіп шаршатты, қытығына тиді.*

**ДІҢКЕЛЕ=** ет. *Шаршап-шалдығу, әлі кетіп титықтау.*

**ДІҢКЕЛЕН=** ет. *Шаршап-шалдығып, титықталу.*

**ДІҢКЕЛЕНУ** *Діңкелен етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢКЕЛЕТ=** ет. **1.** *Шаршап-шалдықтыру, титықтату.* **2.** *Ығыр қылу, мезі ету.*

**ДІҢКЕЛЕТУ** *Діңкелет етістігінің қимыл атауы; шаршату, титықтату.*

**ДІҢКЕЛЕУ** *Діңкеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаршап-шалдығу.* **2.** ауыс. *Діңкілдеу, мезі ету.*

**ДІҢКЕЛІ** сын. *Жан-жүйелі, жүйкелі.*

**ДІҢКИ=** ет. экспр. *Көзге үлкен болып көріну, теңкию, дұңкию.*

**ДІҢКИТ=** ет. *Үлкен етіп көрсету, теңкиту.*

**ДІҢКИТУ** *Діңкит етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢКИЮ** *Діңки етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢКІЛ** зат. *Дің-дің еткен дыбыс.*

**ДІҢКІЛДЕ=** ет. *Діңк-діңк етіп, қоқан-лоқы жасау, күш көрсету.*

**ДІҢКІЛДЕК** сын. *Діңк-діңк еткен, мазасыз.*

**ДІҢКІЛДЕС=** ет. *Діңк-діңк етісу, қарсыласып қоқан-лоқы жасасу.*

**ДІҢКІЛДЕСУ** *Діңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢКІЛДЕТ=** ет. **1.** *Домбырадан діңк-діңк еткен үн шығару, тыңқылдату.* **2.** *Діңк-діңк еткізіп, тез басу.* **3.** ауыс. *Діңк-діңк еткізу, қоқан-лоқы жасату.*

**ДІҢКІЛДЕТУ** *Діңкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢКІЛДЕУ** *Діңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ДІҢМАҢДАЙША** зат. **1.** *Есіктің негізгі тірек маңдайшасы.* **2.** *Сәулет ғимараттарының алдындағы төбесі жабық, колоннамен тірелген жабық галерея.*

**ДІР**: **дір еткізді**. а) *Секем алғызды, тітіркендірді.* ә) *Әсерге бөледі, қобалжытты.*

**Дір етті**. а) *Зат соққыдан дірілдеді.* ә) *Секем алып шошынды, тітіркенді.* б) *Әсерге бөленіп, қобалжыды.* в) *Қалтырады, қалшылдады.* **Дір қақты**. *Дірілдеді, қалтырады, қалшылдады.* **Дір қалтырады**. а) *Дірдектеп тоңды.* ә) *Үрейленіп қорықты.* **Дір сілкінтті**. *Дүрліктірді, елең-елең еткізді.*

**ДІРДЕК**: **дірдек қақты**. а) *Дірдектеп тоңды, бүрсеңдеді, қалш-қалш етті.* ә) *Сасқалақтады, дегбірі қашты.*

**ДІРДЕК-ДІРДЕК** үст. *Ағыл-тегіл, көлкөсір, тоқтаусыз.*

**ДІРДЕК-ДІРДЕК** елік. *Дірдектеген, дір-дір еткен қимыл қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Дірдек-дірдек етті.** *Қалш-қалш етті, бүрсектеді.*

**ДІРДЕКТЕ=** ет. **1.** *Қалтырап тоңу, қалшылдау.* **2.** *Дір-дір ету, дірілдеу, бүрсектеу.* **3.** ауыс. *Тоқтаусыз сауылдау.*

**ДІРДЕКТЕС=** ет. *Бірнеше адамның қалтырап тоңуы, қалшылдауы.*

**ДІРДЕКТЕТ=** ет. **1.** *Қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.* **2.** *Дірілдету, бүрсектету.*

**ДІРДЕКТЕТУ** *Дірдекте етістігінің қимыл атауы; қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.*

**ДІРДЕКТЕУ** *Дірдекте етістігінен жасал-ған қимыл атауы; қалтырап тоңу, қалшылдау.*

**ДІРДЕҢ**: **дірдең қақтырды**. *Дірдектеп мұздатты, жауратты.*

**ДІРДЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Дірдекте.***

**ДІРДЕҢДЕТ=** ет. *Қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.*

**ДІРДЕҢДЕТУ** *Дірдеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРДЕҢДЕУ** *Дірдеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРДЕҢ-ДІРДЕҢ**: **дірдең-дірдең етті**. *Қалш-қалш етіп бүрсеңдеді, қалтырап, жаурады.*

**ДІР-ДІР: дір-дір етті.** *Діріл қақты, дірілдеді, қалтырады.*

**Дір-дір қақты**. *Дірілдеді, қалтырады.*

**ДІРЛІК=** ет. сөйл. ***Дүрлік.***

**ДІРМӘН** зат. сөйл. ***Дәрмен.***

**ДІРМӘНСІЗ** сын. сөйл. ***Дәрменсіз.***

**ДІРІЛ** зат. *Дененің қалтырап тітіркенуінен пайда болатын қимыл.*

**Діріл ауруы.** мед. *Дірілдің ұзақ уақыт бойы әсер етуі салдарынан болатын вибрациялық кәсіптік ауру.* **Діріл қақты.** а) *Дір-дір етті, дірілдеді.* ә) *Лүпілдеді, көңілі толқыды.* б) *Жалтжұлт етті.*

**ДІРІЛБҰРҒЫЛАУ** зат. геол. *Бұрғылаудың әдісі.*

**ДІРІЛДЕ=** ет. **1.** *Дір-дір етіп қозғалу, қимылдау.* **2.** *Қорыққаннан не болмаса толқыған көңіл-күйден дененің түршігуі.* **3.** *Тоңу, мұздау, жаурау, қалтырау.*

**ДІРІЛДЕК**[1] зат. *Дір-дір еткен қозғалыс, қимыл, үн.*

**ДІРІЛДЕК**[2] зат. тамақ. *Сиыр, қой, бұзау сирағынан, бас құйқасынан, үй құстарының ішек-бауырынан, сондай-ақ балық пен балық қалдықтарының (бас, сүйек, құйрық, желбезек) қайнатылған сорпасынан жасалатын тағам.*

**ДІРІЛДЕКАЛАҢ** зат. құр. *Бетон, темірбетон құрылыс материалдарын дайындайтын құймаларды тығыздайтын дірілдеткіш мәшине.*

**ДІРІЛДЕКАСТАУ** зат. кен. *Қалдық материалдарды ұзыннан тасуға арналған көлік.*

**ДІРІЛДЕКТҮСІРГІШ** зат. геол. *Үгінді материалдарды беруді жүйелеп отыратын агрегат.*

**ДІРІЛДЕН=** ет. *Дір-дір ету, қалтырау.*

**ДІРІЛДЕҢКІ** сын. *Аздап дірілі бар, қалтыраңқы.*

**ДІРІЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Сәл-пәл дірілдей түсу, қалтыраңқырау, қалшылдаңқырау.*

**ДІРІЛДЕҢКІРЕУ** *Дірілдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРІЛДЕП-ҚАЛТЫРА=** ет. **1.** *Дір-дір етіп қалтырау.* **2.** *Қорыққаннан немесе толқығаннан дененің тітіркенуі.* **3.** *Суықтан жаурап, дір-дір ету.*

**ДІРІЛДЕП-ҚАЛТЫРАУ** *Дірілдеп-қалтыра етістігінің қимыл атауы; суықтан жаурау.*

**ДІРІЛДЕП-ҚАЛШЫЛДА=** ет. **1.** *Дір-дір ету, қалш-қалш ету.* **2.** *Суықтан тоңып, қалшылдау.*

**ДІРІЛДЕП-ҚАЛШЫЛДАУ** *Дірілдеп-қалшылда етістігінің қимыл атауы; дір-дір ету, қалш-қалш ету.*

**ДІРІЛДЕС=** ет. *Дір-дір етісу, қосыла қалтырау.*

**ДІРІЛДЕСУ** *Дірілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРІЛДЕТ=** ет. **1.** *Діріл қақтыру, қалтырату.* **2.** *Дір-дір еткен дыбыс шығару.*

**ДІРІЛДЕТКІШ** зат. *Ішінде механикалық, электрмагниттік тербеліс туындайтын жүйе; вибратор.*

**ДІРІЛДЕТКІ** зат. *Қоймалжың, үгінді материалдарды тасуға арналған дірілдеткіш көлік.*

**ДІРІЛДЕТУ** *Дірілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРІЛДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Қалтыраңқырау, дір-дір ету.*

**ДІРІЛДЕТІҢКІРЕУ** *Дірілдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ДІРІЛДЕТІП-ҚАЛТЫРАТ=** ет. *Діріл қақтырып, тоңдырту.*

**ДІРІЛДЕУ** *Дірілде етістігінің қимыл атауы; дір-дір етіп қозғалу.*

**Дірілдеуді жою.** инф. *Сөндіргіштің электрлік түйіспелерінен немесе басқа ауыстырып қосқыш құрылғысының қысқа мерзімді түйықталуы мен ажырауынан туындайтын дірілдеу әсерін басу.*

**ДІРІЛДЕУІК** зат. өс. сөйл. *Далалы жерде өсетін өсімдік.*

**ДІРІЛДЕУІК** сын. *Дір-дір еткіш, қалтырауық.*

**ДІРІЛДІ** сын. *Дірілі бар, дірілдеген.*

**Дірілді елек**. тех. *Діріл әсерімен жұмыс істейтін елек.* **Дірілді күйежентектеу**. кен. *Жоғары жиілікті (10 кгц-ке дейін) тербеліспен әсер ету арқылы күйежентектелуді жеделдететін ұнтақтық металлургия операциясы.*

**ДІРІЛСІЗ** сын. *Дірілі жоқ, дірілдемейтін.*

**ДІТ** зат. **1.** *Мақсатты ой, көңіл, пікір.* **2.** лингв. *Тілтанымның коммуникация теориясы бойынша адресат пен адресант арасындағы сөйлеудің алдында болуы шарт сөз иелерінің алдын ала белгіленген мүддеге сай ниеті.*

**Діт алмады**. *Айып көрмеді, көңіліне алмады, ренжімеді.* **Діт қойды**. *Көңіл бөлді, мән берді.* **Дітіне берік**. *Діттеген бағытынан айнымады.* **Дітін тапты**. *Ретін келтірді, орайын тапты.*

**ДІТТЕ=** ет. *Мақсат ету, көздеу.*

**Діттеген меже.** *Алға қойған мақсат.*

**ДІТТЕТ=** ет. *Мақсат еткізу, көздету, мақұлдату, қолдату.*

**ДІТТЕТУ** *Діттет етістігінің қимыл атауы.*

**ДІТТЕУ** *Дітте етістігінің қимыл атауы.*

**ДЬЮ-ДИЛИДЖЕНС** зат. экон. *Батыс инвестициялық банкілерінің жұмысында жобаның күтпеген жағдайлардан барынша аз қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс іс-қимылдардың жиыны.*

**ДЬЯК** [грек. diakonos] зат. көне. *XIV–XVII гг. орыс елінің мемлекеттік мекемесінде іс жүргізуші дін қызметкері.*

**ДЬЯКОН** [грек. diakonos] зат. тар. *Православие шіркеуіндегі священниктің көмекшісі болып істейтін дін қызметкері.*

**ДЮЖИНА** ор. зат. кіт. *Он екі данадан тұратын бір буда зат.*

**ДЮЙМ** [голл. duim] зат. *25,4 миллиметрге барабар саржанның он екіден бір бөлегі.*

**ДЮЙМДІК** сын. **1.** *Ұзындығы бір дюйм болатын.* **2.** *Дюймге тұрарлық.*

**ДЮЙМДЕЙ** сын. *Дюйм болатындай.*

**ДЮНДЕР** зат. геол. *Өзен мен теңіз жағалауларында тосқауыл (бұталар, біркелкі емес рельеф т.т.) маңына жел ұшырған құмдардың жасайтын түзілімі.*

**ДЮРАЛЮМИНИЙ** [нем. Duralaluminium] зат. хим. *Алюминийдің мыс, магний, кремнийлермен өте жеңіл әрі төзімді берік қорытпа қоспасы.*

**ДЮРЕН** [лат. durus] зат. геол. *Жолақтар, қабатшалар және тұтас көмір қабаттары түрінде кездесетін қазба көмірлердің ең күңгірт және қатты ингредиенті.*

**ДЮШЕС** [франц. duchesse] зат. *Жемісі ірі, шырынды, тәтті, десерттік алмұрттың бір түрі.*

# Е

**Е**[1] зат. **1.** *Тіл мен иектің сәл төмен түсіп, жақтың тар ашылуы арқылы жасалатын жіңішке дауысты дыбыс, фонема.* **2.** *Осы жіңішке дауысты дыбысты таңбалайтын әріп.* **3.** *Реттеп санау жүйесінде 8-інші деген мағынаны білдіреді.*

**Е витамині.** мед. *Майда еритін, суда ерімейтін дәрумендердің түрі,* ***Е дәрумені***

**Е**[2] од. **1.** *Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылады.* **2.** *Болған уақиғаның байыбына барғандықты, оны түсінгендікті біл-діреді.* **3.** *Мақұлдағандықты, құптағандықты, қоштағандықты білдіреді.* **4.** *Есіркегендікті, мүсіркегендікті, жаны ашығандықты білдіреді.* **5.** *Жақтырмағандықты, ұнатпағандықты білдіреді.* **6.** *Күдіктену, күмәндану, шүбәлануды білдіреді.*

**«Е» деді**. *Келісті, ризалық білдірді.* **«Е» дегізді**. *Сендірді, нандырды, иландырды.* **«Е» десті**. *Келісті, уәделесті.* **Е, Құдай [Алла], бере көр!** *Қайырым сұрау, тілек тілеу кезінде айтылады.*

**Е=** ет. *Негізгі сөзден болған баяндауышты тұрақты етіп, оған өткен шақтық мағына қосу үшін немесе баяндауыштардың мазмұнын түрлендіру үшін жұмсалатын көмекші сөз.*

**ЕБДЕГЕЙСІЗ** сын. сөйл. ***Ебедейсіз.***

**ЕБДЕГЕЙСІЗДЕУ** сын. сөйл. ***Ебедейсіздеу.***

**ЕБДЕЙ** зат. *Ыңғай, икем, қолай, еп.*

**ЕБДЕЙЛЕ=** ет. *Ыңғайлау, икемдеу, ептейлеу.*

**ЕБДЕЙЛЕН=** ет. *Ыңғайлану, икемделу.*

**ЕБДЕЙЛЕНУ** *Ебдейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБДЕЙЛЕТ=** ет. *Ебдейлі еткізу, ыңғайлату, оңтайлы еткізу.*

**ЕБДЕЙЛЕТУ** *Ебдейлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБДЕЙЛЕУ** *Ебдейле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБДЕЙЛІ** сын. **1.** *Ыңғайлы, оңтайлы, ептейлі, икемді.* **2.** ауыс. *Пысық, ширақ.*

**ЕБДЕЙЛІЛІК** зат. *Ебдейлі болушылық, ыңғайлылық, оңтайлылық.*

**ЕБДЕЙСЕК** сын. сөйл. ***Ебдейлі.***

**ЕБДЕЙСІЗ** сын. сөйл. **1.** ***Ебедейсіз*** *(икемсіз, оралымсыз, епсіз; қорбиған).* **2.** *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет; ерсі.*

**ЕБДЕЙСІЗДЕУ** сын. сөйл. *Икемсіздеу, ыңғайсыздау; қолайсыздау.*

**ЕБДІРЕ=** ет. сөйл. *Елпектеу, абдырау.*

**ЕБДІРЕТ=** ет. *Елпілдету, абдырату.*

**ЕБДІРЕТУ** *Ебдірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБДІРЕУ** *Ебдіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБЕ** зат. жерг. *Үйткып соққан жел.*

**ЕБЕГЕЙ** зат. сөйл. ***Ебдей.***

**ЕБЕГЕЙСІЗ** сын. сөйл. ***Ебедейсіз.***

**ЕБЕГЕЙСІЗДІК**[1] зат. сөйл. *Ебедейсіздік (икемсіздік, қолайсыздық).*

**ЕБЕДЕЙ** зат. *Ыңғай, икем, қолай, еп.*

**ЕБЕДЕЙЛІ** сын. **1.** *Ыңғайлы, оңтайлы, икемді.* **2.** ауыс. *Пысық, ширақ.*

**ЕБЕДЕЙЛІК** зат. *Икемділік, ептілік, ыңғайлылық.*

**ЕБЕДЕЙСІЗ** сын. **1.** *Икемсіз, оралымсыз, қорбиған.* **2.** *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет, ерсі.*

**ЕБЕДЕЙСІЗДЕН=** ет. *Икемсіздену, епсіздену.*

**ЕБЕДЕЙСІЗДЕНУ** *Ебедейсізден етістігі-нің қимыл атауы.*

**ЕБЕДЕЙСІЗДЕУ** сын. *Икемсіздеу, оралымсыздау, епсіздеу.*

**ЕБЕДЕЙСІЗДІК**[1] зат. **1.** *Ебедейсіз болушылық, икемсіздік, сөлекеттік, қолайсыздық.* **2.** психол. *Субъектінің өзі белгіленген іс-қимыл бағдарламасын оның қайта құрылуы объективтік түрде талап етілетін жағдайларда өзгертуді қиынсынуы.*

**ЕБЕДЕЙСІЗДІК**[2] зат. мед. <лат. apraxia> *Мидың зақымдануынан болатын саналы қимыл-әрекеттің бұзылуы.*

**ЕБЕЙ**[1] зат. көне. **1.** *Кәрі әйел кісі, кемпір.* **2.** *Басыбайлы, еріксіз күң.*

**ЕБЕЙ**[2] зат. өс. көне. ***Ебелек**[1].*

**Ебей басты.** *Басы қауқиған, селтиген.* **Ебей басты бұғы.** *Мүйізді бұғы.* **Ебей сапты пышақ.** *Мүйіз сапты пышақ.*

**ЕБЕЙ**[3] зат. кәс. *Шығыр дөңгелегінің имесі, айнала көрінісі және сол дөңгелек тұрған орын (шыңқыр).*

**ЕБЕЙДЕЙ** сын. *Ебей*[1] *сияқты.*

**ЕБЕЙ-ДЕБЕЙ** сын. *Үйпа-түйпа, қобыраған.*

**ЕБЕЙ-ЖЕБЕЙ** үст. *Үсті-үстіне, бірінен соң бірін.*

**ЕБЕЙ-СЕБЕЙ** сын. *Қобыраған, үрпиген, дода-дода.*

**ЕБЕЙСІЗДЕУ** сын. сөйл. ***Ебедейсіздеу.***

**ЕБЕЙІН** зат. сөйл. ***Ебелек.***

**ЕБЕҚАҢБАҚ** зат. өс. <лат. gypsophila> *Жапырағы сағақсыз, гүлі ұсақ қалампыр тұқымдас көпжылдық шөп, аққаңбақ.*

**ЕБЕЛЕК**[1] зат. **1.** өс. <лат. ceratocarpus> *Шөл-шөлейтті, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, биіктігі 10–30 см-дей, сабағы дөңгеленіп келген алабұта тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз адам.* **3.** ауыс. *Ұшып-қонған, қалбалақ, жеңілтек, ұшқалақ адам.*

**Ебелек қақты [ұшты].** *Асты-үстіне түсіп бәйек болды, қалбалақтады, ұшып-қонды.* **Ебелек ұшпас елсіз [жер].** *Ку медиен, шөл дала.* **Ебелек шалды.** *Қорқып қашты, зытты.*

**ЕБЕЛЕК**[3] зат. тех. *Комбайнның астық сабағын жығу үшін арнайы жасалған ағаш қалақтары.*

**ЕБЕЛЕК**[4] зат. этн. *Шыр айналған нәрсенің (ұршық басы т.б.) бейнесін көрсететін ою.*

**ЕБЕЛЕК**[5] зат. физ. *Әйнектің, жылтыр заттың жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәуле.*

**ЕБЕЛЕК-ЖУСАН** зат. *Ебелек және жусан өскен жер.*

**ЕБЕЛЕКТЕ=** ет. **1.** *Қалтылдау, қалтқылт ету.* **2.** *Елпек қағу, елпілдеу, қалбалақтау.* **3.** *Қолды-аяққа тұрмай ұшып-қону, безек қағу.* **4.** ауыс. *Жаны қалмау, бәйек болу.*

**Үйінің төбесінен кішкентай ебелектегір!** қарғ. *Кім-көрінген басынып, әркім мазақ еткір деген мағынада.*

**ЕБЕЛЕКТЕЙ** сын. **1.** *Ебелек сияқты, ебелек тәрізді.* **2.** ауыс. *Ұшып-қонған, қалбалақтап бәйек болған.*

**ЕБЕЛЕКТЕТ=** ет. *Ебелек-ебелек еткізу, ебелеңдету.*

**ЕБЕЛЕКТЕТУ** *Ебелектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБЕЛЕКТЕУ** *Ебелекте етістігінің қимыл атауы; жаны қалмау, бәйек болу.*

**ЕБЕЛЕКТІ** сын. *Ебелегі бар, ебелек өскен.*

**ЕБЕЛЕКШЕ** үст. *Ебелек тәрізді, ебелекке ұқсап.*

**ЕБЕЛЕҢДЕ=** ет. *Елпек қағу, елпілдеу, қалбалақтау.*

**ЕБЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Елпек қақтыру, қалбалақтату.*

**ЕБЕЛЕҢДЕТУ** *Ебелеңдет етістігінің қимыл атауы. .*

**ЕБЕЛЕҢДЕУ** *Ебелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБЕНЕ** зат. фольк. ***Ебей*** *(ебелек шөп).*

**ЕБЕП: ебептен [ебепке] себеп.** көне. *Бір нәрсенің орайы келу, сәті түсу, желеу болу.*

**ЕБЕП-СЕБЕПТЕН** үст. *Ана жағдайдан, мына жағдайдан, әр нәрседен.*

**ЕБЕСІН** зат. фольк. ***Ебей***[2].

**ЕБЕТЕЙЛІ** сын. сөйл. ***Ептейлі.***

**ЕБЕТЕЙСІЗ** сын. *Епсіз, қыры жоқ.*

**ЕБЕТЕЙСІЗДІК** зат. *Қырсыздық, епсіздік.*

**ЕБЕУ** од. *Үйбай-ау, ойбай-ау.*

**ЕБСЕК** зат. *Епті қимыл, ыждағатты әрекет.*

**ЕБСЕКТІ** сын. *Қолынан әрқилы нәрсе келетін, епті, іскер.*

**ЕБІ** зат. *Үйытқып соққан дауылды жел.*

**Ебі желі.** *Жоңғар Алатауының шығысында болатын екпіні қатты, дауылды жел.* **Ебінің желіндей [сары желіндей].** *Ұзақ соққан қатты желдей.*

**ЕБІЛ-ДЕБІЛ** үст. сөйл. ***Ебіл-себіл.***

**Ебіл-дебілі шықты.** *Егіліп жылады, еңіреді.*

**ЕБІЛ-СЕБІЛ** үст. **1.** *Сорасы ағып, ағылтегіл еңіреп.* **2.** *Терлеп-тепшіп, пора-пора боп.* **3.** *Алқам-салқам, салдыр-салақ.* **4.** *Абың-күбің, әбігер, қарбалас.* **5.** *Әрі-сәрі болып, абыржыған күйде.* **6.** *Әрең деп, әупірімдеп.*

**Ебіл-себіл болды.** а) *Сорасы ағып жылады, еңіреді.* ә) *Әбігер болды.* б) *Өрім-өрім, алқам-салқам болды.* **Ебіл-себілі шықты.** а) *Егіліп жылады, еңіреді.* ә) *Алба-жұлбасы шықты, азып-тозды, жүдеді.* б) *Әбігерге түсіп, абырсабыр болды.*

**ЕБІЛ-СЕБІЛДЕН=** ет. **1.** *Сорасы ағып, еңіреп жылау.* **2.** *Ағыл-тегіл болу.* **3.** *Алқам-салқам күйге түсу; алба-жұлба болу, тозу.*

**ЕБІЛ-СЕБІЛДЕНДІР=** ет. *Тоздыру, күйінен тайдыру.*

**ЕБІЛ-СЕБІЛДЕНДІРУ** *Ебіл-себілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕБІЛІС** зат. сөйл. ***Ібіліс.***

**ЕБІЛІСТІК** зат. сөйл. ***Ібілістік.***

**ЕБІН=** ет. көне. *Алға ұмтылу, еміну.*

**ЕБІР-ЖЕБІР** сын. сөйл. *Аңғал-саңғал, ашық-шашық.*

**Ебір-жебірін шығарды.** *Жұлма-жұлма қылды, өрім-өрім етті.* **Ебір-жебірі шықты.** *Алба-жұлбасы шықты, азып тозды.*

**ЕБІРТІЛ** зат. көне. *Нәр, қуат.*

**ЕВАНГЕЛИСТ** зат. діни. *Баптистерге жақын протестанттар діни қауымы, сектасы; евангелия құрушысы; евангелия сектасының мүшесі.*

**ЕВГЕНИКА** [грек. eugenes] зат. мед. *Адамның тұқым қуалайтын қасиетін нашарлатпай, оның алдын алу туралы, адам генетикасы мен меди-циналық генетиканы қолдануды пайдалануға шақыратын ілім.*

**ЕВНУХ** [грек. eunuchos] зат. *Азбанқұл (храмда, гаремде қызмет ету үшін әдейі тарттырылған еркек).*

**ЕВРЕЙ** зат. *Әлемнің түрлі елдеріне, соның ішінде негізінен Израиль мемлекетіне қоныстанған, шығу тарихы жағынан ежелгі семит тілдері тобына жататын халықтардың жалпы этникалық атауы.*

**Еврей жазуы.** *Финикий жазуынан шыққан ежелгі жазулардың бірі.*

**ЕВРЕЙШЕ** үст. **1.** *Еврейге ұқсап.* **2.** *Еврей тілінде.*

**ЕВРОПАША** үст. ***Еуропаша.***

**ЕВРОПИЙ** [лат. europium] зат. хим. *Рет нөмірі 63, атомдық салмағы 1520 химиялық элемент.*

**ЕВРОҮСТЕМШІЛДІК** сын. *Мәдениет, ғылым, білім саласындағы еуропа мемлекеттерінің ұстанымы тұрғысынан, ұлттық, жергілікті халықтың қағидасы қалыс қалған.*

**ЕВТРОФТАНУ** [грек. eu – жақсы, trophe – тамақ, қоректену] зат. сушар. *Су өсімдіктері мен шаруашылық маңызы зор балықтар мен жануарлардың өсіп-өнуіне қажет қоректік заттармен болатын процесс.*

**ЕВТРОФТЫҚ: евтрофтық батпақ.** сушар. *Минералды қоректе бай батпақ түрі, ойпаңдық батпақ.*

**Евтрофтық көл.** сушар. *Сулары қоректік заттарға бай, фитопланктон мен жоғары су өсімдіктері дамыған көлдер.*

**ЕГДЕ** сын. **1.** *Жасы келген, жасы ұлғайған, кексе, мосқал тартқан. // Жасы келген, ұлғайған адам.*

**Егде тартты.** *Жасы ұлғайды; орта жасқа келді.*

**ЕГДЕЙ=** ет. **1.** *Жас ұлғаю, егде тарту, қартая бастау.* **2.** ауыс. *Рухы көтерілу, жігерлену, шабыттану.*

**ЕГДЕЛЕ=** ет. *Жасы ұлғаю, егде тарту.*

**ЕГДЕЛЕН=** ет. *Жасы ұлғайып, егде тартылу.*

**ЕГДЕЛЕНДІР=** ет. *Жасын ұлғайтып, егде тарттыру.*

**ЕГДЕЛЕНДІРУ** *Егделендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГДЕЛЕНУ** *Егделен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГДЕЛЕУ**[1] сын. *Жасы келіп қалған, мосқалдау.*

**ЕГДЕЛЕУ**[2] *Егделе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГДЕЛІК** з а т. *Жасы егде тартқандық, мосқалдық, кекселік.*

**ЕГДЕМ** с ы н. к ө н е. *Күші басым, үстем, зор.*

**ЕГДЕР=** е т. к ө н е. *Егде тарту, жасы ұлғаю.*

**ЕГДЕРЕК** с ы н. *Жасы үлкендеу, егделеу, мосқалдау.*

**Егдерек тартты.** *Жасы ұлғайыңқырады.*

**ЕГДЕРУ** *Егдер етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГДЕТ=** е т. к ө н е. ***Еңсер.***

**ЕГДЕТУ** *Егдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕ**[1] з а т. **1.** е с к і к і т. ***Ие.*** **2.** *Жаратушы, Алла Тағала.*

**Еге болды.** *Ие болды, иемденді, иеленді.*

**ЕГЕ=** е т. **1.** *Егеумен қайрау, жану, өткірлеу.* **2.** *Тегістеу, түзету, жөндеу (жұқарту, жіңішкерту).* **3.** *Бір затты екінші затқа үйкеу, қажау, ысқылау.* **4.** а у ы с. *Біреуді қайрау, намысына тию, жігерлендіру.*

**ЕГЕЙ** з а т. к ө н е. **1.** *Таңдаулы, ығай мен сығай; игі жақсы, бірегей.* **2.** ж е р г. *Қамқор, тірек.*

**Егей ат.** э т н. *Қайтыс болған адамның тірі кезінде жақсы көретін мініс аты [Мұндай мал марқұмның жылы өткенше мінілмей, бос жіберіліп, жылы немесе асы болғанда сойылады].* **Егей төс [төсті].** *Кең кеуделі, мүсінді (жылқы).*

**ЕГЕЙЛЕС=** е т. к ө н е. *Бетпе-бет келу, ерегесу.*

**ЕГЕЙЛЕСУ** *Егейлес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕК** з а т. м у з. *Қазақ халқының екі ішекті көне сазды аспабы.*

**ЕГЕЛ=** е т. *Қайралу, жанылу, өткірлену.*

**ЕГЕЛЕ=** е т. *Қайрау, жану, егеу.*

**ЕГЕЛЕН=** е т. ж е р г. ***Иелен.***

**ЕГЕЛЕНУ** *Егелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕЛЕС=** е т. *Қосыла қайрасу, өткірлесу.*

**ЕГЕЛЕСУ** *Егелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕЛЕТ=** е т. ж е р г. *Ие қылу.*

**ЕГЕЛЕТУ** *Егелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕЛЕУ** *Егеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕЛУ** *Егел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕЛІК** з а т. *Орта ғасырлардағы корольдің не феодалдың жер иелігі.*

**ЕГЕЛІК**[3] з а т. с ө й л. ***Иелік.***

**ЕГЕМЕН** с ы н. **1.** *Өз еркі, билігі, бас бостандығы өзінде, ешкімге тәуелді емес.* **2.** с а я с и. *Тәуелсіз, еркіндікке ие.*

**Егемен ел болды.** *Бостандық алды, тәуелсіз болды.*

**ЕГЕМЕНДІ** с ы н. *Тәуелсіздікке ие болған, еркіндікке қол жеткен, өз билігі өзінде.*

**ЕГЕМЕНДІК** з а т. с а я с и. <франц. souverainete> *Мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелсіз болуы және елдің ішкі істері мен саясатында еркіндікке ие болып, мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы.*

**ЕГЕН=** е т. с ө й л. ***Игі.***

**ЕГЕР**[1] з а т. к ө н е. *Атқа ерттейтін ер, ер-тоқым.*

**ЕГЕР**[2] с ы н. к ө н е. *Өш, қас, дұшпан; араз.*

**Егер болды.** *Айтысып-тартысты, егесті.* **Егер қылды [етті].** *Өшіктірді, жауластыр-ды, араздастырды.*

**ЕГЕР**[3] з а т. с ө й л. ***Ыгыр.***

**ЕГЕР**[4] ш ы л. *Шарттық қатынасты (мәнді) білдіретін жалғаулық шылау; болмаса, немесе, әйтпесе, яки.*

**ЕГЕРДЕ** ш ы л. *Егер, яки, ягни.*

**ЕГЕРКИ** ш ы л. с ө й л. *Егер және яки шылауларының бірігуінен жасалған сөз; әгәрәки, әгәрки.*

**ЕГЕРЛЕ**[1]**=** е т. *Ойран қылу, қирату, ойсырату, бүлдіру.*

**ЕГЕРЛЕ**[2]**=** е т. к ө н е. ***Ертте.***

**ЕГЕРЛЕСУ=** е т. к ө н е. *Ерегесу, егесу, сөз таласу.*

**ЕГЕРЛЕУ**[1] *Егерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕРЛЕУ**[2] *Егерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕРЬ** [нем. Jäger] з а т. **1.** *Қорықтағы және басқа жердегі аңдар мен құстарды қорғайтын сақшы, қорықшы, аңшаруашылығының қызметкері.* **2.** ә с к. *Кейбір елдер әскерлеріндегі, оның ішінде орыс әскеріндегі арнаулы, ерекше атқыштар бөлімінің солдаты.*

**ЕГЕРІМ** ш ы л. е с к і к і т. ***Егер.***

**ЕГЕС** з а т. **1.** *Ерегіс, талас-тартыс, қақтығыс.* **2.** *Бәсеке, жарыс, тайталас.*

**Егес етті [қылды].** *Ерегісті, таласты, тартысты.* **Егеске түсті.** *Таласып-тартысты, бәсекеге түсті, бәсекелесті.* **Егес туды.** *Даудамай шықты, қақтығыс болды.* **Егес шығарды.** *Дау-дамай туғызды, керістірді, тартыстырды.* **Егесі ішке [іште] кетті.** *Ежелден кекті еді, ескі кегі қалған еді.*

**ЕГЕС=** е т. **1.** *Қайрауға, өткірлеуге көмектесу.* **2.** а у ы с. *Ерегісу, таласу, тартысу.*

**ЕГЕС-ҚИЯС** з а т. **1.** *Дау-дамай, таласкартыс.* **2.** *Ерегіс, қақтығыс, егес. // Өршелене егескен.*

**ЕГЕСПЕ** з а т. *Ерегіспе, тайталас, бәсеке.*

**ЕГЕССІЗ** с ы н. *Ерегіссіз, талас-тартыссыз.*

**ЕГЕСТІ** с ы н. *Дау-дамайлы, талас-тартысты, бәсекелі.*

**ЕГЕСТІР=** е т. *Ерегестіру, таластырып-тартыстыру, керістіру.*

**ЕГЕСТІРУ** *Егестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕСУ** *Егес етістігінің қимыл атауы; ерегісу, таласу, тартысу.*

**ЕГЕСУШІ** з а т. *Егескен адам.*

**ЕГЕСУШІЛІК** з а т. *Талас-тартыс, даудамай жасаушылық.*

**ЕГЕСШІЛ** с ы н. *Тайталасқа құмар, ерегіспе.*

**ЕГЕСШІЛДІК** з а т. *Белгілі бір мәселе бойынша басқалармен түсінісіп, мәмілеге келудің орнына ерегіс, тайталас, текетірес жолына түсушілік.*

**ЕГЕСІЗ** с ы н. с ө й л. ***Иесіз.***

**ЕГЕСІЛІК** з а т. с ө й л. *Иесі болушылық.*

**ЕГЕТ=** е т. *Қайрату, жану.*

**ЕГЕТКІЗ=** е т. *Қайратқызу, жаныту.*

**ЕГЕТКІЗУ** *Егеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕТТІР=** е т. *Қайрату, жаныту.*

**ЕГЕТТІРУ** *Егеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕТУ** *Егет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЕУ** з а т. **1.** *Металдың жұқа қабатын жанып, егеп өңдейтін немесе өткірлейтін көпжүзді ұсталық құрал, аспап.* **2.** а у ы с. *Жұмсақ емес, түрпідей қатты нәрсе.*

**Егеудің жүзіне ұстады.** *Қайрап айдап салды, дүрліктіріп қарсы шығарды.* **Егеудің сынығы, асылдың қиығы.** *Абзал азаматтың ұрпағы, тектің тұқымы.* **Егеу мата.** *Егеудің бедері сияқты көлбеу сызықтары бар қатты, уқаланбайтын мата.* **Егеу мұрт.** *Егеудей қайратты мұрт.* **Егеу сөз.** *Түрпідей өткір сөз, қатал сын.*

**ЕГЕУ** *Еге етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Егеумен жану, өткірлеу.* **2.** *Тегістеу, жөндеу.*

**ЕГЕУБАС** з а т. ө с. <лат. sclerochloa> *Құрғақ далалы жерде өсетін шөптесін астық тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік.*

**ЕГЕУДЕЙ** с ы н. **1.** *Егеу сияқты, егеу тәрізді.* **2.** а у ы с. *Қатты, түрпідей.* **3.** а у ы с. *Өткір, уытты.* **4.** а у ы с. *Сайдың тасындай, мықты, қарулы, атпал.*

**Егеудей тиді.** *Түрпідей тиді, көңіліне келді.*

**ЕГЕУДЕЙІН** с ы н. ф о л ь к. ***Егеудей.***

**ЕГЕУҚҰЙРЫҚ** з а т. **1.** *Көбіне дымқылды, сулы жерлерді мекендейтін зиянды, тұмсығы сүйір, құйрығы ұзын ірі сұр тышқан.* **2.** з о о л. <лат. rattus> *Кеміргіштер отряды қаптесерлер тұқымдасының бір туысы.*

**ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАЙ** с ы н. *Егеуқұйрық сияқты, егеуқұйрық тәрізді.*

**ЕГЕУҚҰМ** з а т. *Металдың, тастың, қабырғаның бетін тегістеуге, әрлеуге, тазалауға қолданылатын ұнтақталған минерал (наждак).*

**ЕГЕУЛЕ=** е т. **1.** *Егеумен қайрау, өткірлеу.* **2.** а у ы с. *Бір нәрсені айта беру, мезі қылу, ығыр қылу.*

**ЕГЕУЛІ**[1] с ы н. *Егелген, қайралған, өткірленген.*

**Егеулі найза.** э т н. *Жебесінің ұшы тапталғаннан кейін егеумен егеліп, тас қайрақпен қайралып әбден өткірленген найза.* **Егеулі найза қолға алды.** п о э т. *Атқа қонды, жауға шапты.*

**ЕГЕУЛІ**[2] с ы н. с ө й л. ***Егулі.***

**ЕГЕУОТ** з а т. ө с. *Сабағы тікен, бұдірлі өсімдік, түрпіот.*

**ЕГЕУШӨП** з а т. ө с. <лат. myriophyllum> *Ұзындығы 15-80 см болатын көпжылдық су өсімдігі.*

**ЕГЖЕ** с ы н. к ө н е. *Егде, қарт, көне.*

**ЕГЖЕЙ** з а т. *Бір нәрсенің анық-қанығы, жай-жапсары.*

**ЕГЖЕЙ-ЕЖЕЛГІ** с ы н. *Бұрынғы, ерте замангы.*

**ЕГЖЕЙЛЕ=** е т. **1.** *Тәптіштеу, аныққанығына жету.* **2.** с ө й л. *Жіктеу, буынға бөлу.*

**ЕГЖЕЙЛЕТ=** е т. *Егжей-тегжейіне дейін жеткізіп анықтау.*

**ЕГЖЕЙЛЕТУ** *Егжейлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙ** з а т. *Бір нәрсенің жай-жапсары, анық-қанығы; бүге-шігесі, ұңғыл-шұңғылы.*

**Егжей-тегжейіне дейін ойластырды.** *Жан-жақты ойластырды, бәрін ескерді.* **Егжей-тегжейіне жетті.** *Түгел анықтады, анық-қанығын білді.*

**ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕ=** е т. *Егжей-тегжейіне жету, анық-қанығын айқындау.*

**ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕУ** *Егжей-тегжейле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ** с ы н. *Жан-жақты, толық.*

**ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІК** з а т. с ө й л. ***Егжей-тегжей.***

**ЕГИПЕТТІК**[1] з а т. *Египет тұрғыны, мысырлық.*

**ЕГИПЕТТІК**[2] с ы н. *Египетке қатысты, соған тән.*

**ЕГИПТОЛОГ** з а т. *Египтология ғылымы бойынша зерттеу жұмысын жүргізетін ғылым, маман.*

**ЕГИПТОЛОГИЯ** з а т. *Ерте замангы Мысыр елінің (Египеттің) тілін, мәдениеті мен өнерін тарихы мен экономикасын зерттейтін ғылым саласы.*

**ЕГУ**[1] *Ек*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГУ**[2] *Ек*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГУЛІ** с ы н. *Тұқым себілген, егілген.*

**ЕГУСІЗ**[1] с ы н. *Егін егілмеген, егілмей қалған.*

**ЕГУСІЗ**[2] с ы н. *Аурудан, індеттен сақтау үшін ауру таяқшасы жіберілмеген.*

**ЕГУШІ**[1] з а т. **1.** *Жерге тұқым себуші; егін егуші, ағаш (гүл, жеміс) отырғызушы.* **2.** а у ы с. *Белгілі бір идеяны, ойды халыққа, көпшілікке таратушы, жаюшы.*

**ЕГУШІ**[2] з а т. м е д. *Белгілі бір аурудан, індеттен сақтау, қорғау үшін сол аурудың*

*тұқымын (таяқшасын) алдын ала жіберіп дәрілеуші адам.*

**ЕГІЗ**[1] сын. **1.** *Бір анадан бірге туылған екі сәби.* **2.** *Бір енеден қатар туған төл.* **3.** *Қос, екі, жұп.* **4.** *Бір нәрсенің сыңары, серігі, жұбы.* **5.** ауыс. *Бірінен-бірін ажыратуға, бөліп қарауға келмейтін, бір-біріне тығыз байланысты (нәрсе, зат, құбылыс).* // *Қатар, бірге, жарыса.*

**Егіз бұтақ.** поэт. *Айнымас серік, жан дүниесі, тағдыры бір дос деген мағынада.* **Егіз бұтақтай.** *Бір негізден бастау алған тармақтай, арналас, тағдырластай.* **Егізде екі болма.** қарғыс. *Көбейме, молайма.* **Егіздің сыңарындай.** а) *Бір-біріне етене жақын, тату.* ә) *Біріне-бірі ұқсас, айнымайтын.* **Егіз ел.** *Көрші отырған тату, тағдыры бір елдер.* **Егіз қозыдай.** а) *Бір-бірінен айнымайтын, өте ұқсас.* ә) *Тату-тәтті, ынтымақты.* **Егіз туғандай.** а) *Бір-бірінен айнымайтын, айыруға келмейтін, ұқсас.* ә) *Өте тату, ынтымақты, дос.* **Егіз ұйқас.** әдеб. *Қатар тұрған екі жол ұйқасып келетін өлең өлшемі.* **Егіз ұлдай.** *Жұбы жазылмайтын, бір-біріне байлаулы.*

**ЕГІЗ**[2] зат. қолөнер. *Белгілі бір бейненің немесе суреттің жұп-жұбымен, екі-екіден қайталанып келетін өрнек атауы.*

**ЕГІЗДЕ=** ет. **1.** *Егіз туу, екі-екіден, қос-қостан табу, төлдеу.* **2.** *Көптен, топ-тобымен туылу.* **3.** ауыс. *Екі есе көбею, өсу, еселену.*

**Егіздеп барды.** *Қатар, бірге барды.*

**ЕГІЗДЕЙ** сын. **1.** *Егіз сияқты, егіз тәрізді.* **2.** *Бір-бірінен айнымайтын, өте ұқсас.* **3.** *Тату-тәтті, дос.*

**ЕГІЗДЕЙІН** сын. фольк. ***Егіздей.***

**ЕГІЗДЕН** үст. *Екі-екіден, қос-қостан.*

**ЕГІЗДЕР** зат. астр. <лат. gemini> *Аспан күмбезінің сол-түстік жартышарындағы зодиак шоқжұлдызы.*

**ЕГІЗДЕС** сын. *Қатар, сыңар, жұптас.*

**ЕГІЗДЕС=** ет. *Қатарласу, қабаттасу, жұптасу.*

**ЕГІЗДЕСТІР=** ет. *Сыңарластыру, қабаттастыру, жұптастыру.*

**ЕГІЗДЕСУ** *Егіздес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЗДЕТ=** ет. **1.** *Мал басын көбейту, төлдету.* **2.** *Топ-тобымен, көптеп өсіру.* **3.** *Қосарлату, қатарлату, екеулету.*

**ЕГІЗДЕТУ** *Егіздет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЗДІК** зат. **1.** *Егіз болушылық, жұптық.* **2.** ауыс. *Бірлік, байланыстылық, бір-біріне тәуелділік.*

**ЕГІЗ-ЕГІЗДЕН** үст. *Екі-екіден, қос-қостан.*

**ЕГІЗ-ЕГІЗЕК** сын. сөйл. *Қос, жұп.*

**ЕГІЗ-ЕГІЗЕКТІ** сын. сөйл. *Жұп, қос.*

**ЕГІЗЕКІ** сын. *Қос, жұп, егіз.* // *Екінші қайтара, екінші рет.*

**Егізекі [ел] болмады.** *Ауызбірлігі болмады, ынтымағы жараспады.* **Егізекі болмағыр.** қарғ. *Ұрпақсыз, жалғыз қалғыр, өспегір, өнбегір.*

**ЕГІЗЕКІЛІК** зат. *Байланыстылық; бірліктік, ұқсастық.*

**ЕГІЗШІЛ** сын. *Егізден, қос-қостан туғыш (қой, ешкі).*

**ЕГІЛ**[1]= ет. **1.** *Бір нәрсенің отырғызылып өсірілуі.* **2.** ауыс. *Басталу, негіз болу.*

**ЕГІЛ**[2]= ет. мед. *Белгілі бір аурудың таяқшасын қанға жіберіп індеттен сақтандыру.*

**ЕГІЛ**[3]= ет. *Іші-бауыры елжіреу, көңілі босау, езілу.*

**Егіліп жылады.** *Қатты қайғырып, ішіндегісін шығара алмай жылады.*

**ЕГІЛГІШ**[1] сын. *Күйінгіш, күйзелгіш; күйрек.*

**ЕГІЛГІШ**[2] сын. *Сусығыш, сырғығыш.*

**ЕГІЛДІР=** ет. *Іші-бауырын елжірету, көңілін босату, езілту.*

**ЕГІЛДІРУ** *Егілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЛЕН=** ет. *Аптығу, екілену.*

**ЕГІЛМЕ** сын. *Күйінгіш, күйзелгіш, егілгіш.*

**ЕГІЛМЕЛІ** сын. *Егілгіш, ұғілгіш, сырғып кеткіш.*

**ЕГІЛТ=** ет. *Көңілін босату, елжірету, езілту.*

**ЕГІЛ-ТЕГІЛ** сын. *Көз жасын көл қылған, ағыл-тегіл.*

**Егіл-тегіл болды.** *Сора-сорасы, шығып, қатты жылады.* **Егіл-тегіл еңіресті.** *Ағыл-тегіл еңіреп көрісті.* **Егіл-тегіл жас.** *Ағыл-тегіл жас.*

**ЕГІЛТУ** *Егілт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЛУ**[1] *Егіл*[1] *етістігінің қимыл атауы; отырғызылу, өсірілу.*

**ЕГІЛУ**[2] *Егіл*[2] *етістігінің қимыл атауы; аурудың таяқшасын қанға жіберіп, індеттен сақтандыру.*

**ЕГІЛУ**[3] *Егіл*[3] *етістігінің қимыл атауы; елжіреу, көңілі босау, езілу.*

**ЕГІЛІП-ЕЗІЛ=** ет. *Қатты егілу, күйзелу.*

**ЕГІЛІП-ЕЗІЛУ** *Егіліп-езіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЛІП-ЕҢІРЕ=** ет. *Қатты күйзеліп жылау.*

**ЕГІЛІП-ЕҢІРЕУ** *Егіліп-еңіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІЛІП-ТӨГІЛ=** ет. *Жаны ашып күйзелу, қатты аяу.*

**ЕГІЛІП-ТӨГІЛУ** *Егіліп-төгіл етістігінен жасалған қимыл атауы.*

**ЕГІЛІС=** ет. *Жандары ашып күйзелісу, бірге жылау.*

**ЕГІЛІСУ** *Егіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІН** зат. егіншар. **1.** *Қолдан өсірілген екпе дәнді дақыл.* **2.** *Дәнді дақыл егілген алқап, егіс.*

**Егін айдады.** *Жер жыртты, дән септі.* **Егін басты.** *Орылған егінін қырманға сап, мал тұяғымен дәнін түсіріп алды.* **Егін даласы.** *Егін еккен жер, егіс алқабы.* **Егін екті.** *Егіншарушылығымен айналысты, егіс екті.* **Егін жинады.** *Астық орды, бастырды.* **Егін ет алды.** *Егін пісуге таяды.* **Егін көгі.** *Еккен тұқымның жер бетіне көктеп шығуы.* **Егін қонбады.** жерг. *Егін шықпады, өнбеді.* **Егін қырықты.** жерг. *Астық орды.* **Егіннің қарасын басты.** жерг. *Егісті бірінші рет суарды.* **Егін орағы.** *Егінді жинап, бастырып алу маусымы.* **Егін орды.** *Піскен дәнді дақылдарды жинап алды.* **Егін пісті.** *Дәнді дақылдың дәні толып, оруға келетін кезі келді.* **Егін салды.** *Егіншаруашылығымен айналысты, егіс екті.* **Егін тақта болды.** жерг. *Егін бас тартты.* **Егін тегіс басқа отырды.** *Егін бітік шықты.* **Егін ұшып кетті.** жерг. *Егінді суық ұрды, үсік жүрді.* **Егін шығымдылығы.** егіншар. *Егінді бастырғанда алған өнімділігі, түсімділігі.* **Егін шығымдылығының индексі.** ауылшар. *Егін шығымдылығын өткен кезбен салыстырғандағы өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.* **Егін шыққыш.** *Егін жақсы өнетін.* **Егініне түскен жоқ.** *Еш зиян, жаманшылық жасаған жоқ.*

**ЕГІНДЕЙ** сын. *Егін сияқты, егін тәрізді.*

**ЕГІНДІ** сын. *Егін өскен, егіс мол.*

**ЕГІНДІК** зат. **1.** *Егін егуге арналған немесе егін егілген жер, егістік.* **2.** ауыс. *Бұл дүниеде жасаған жақсылық, қайыр.*

**ЕГІНДІК-ШАБЫНДЫҚ** зат. *Егін егуге, шөп шабуға ыңғайлы құнарлы жер.*

**ЕГІНЕК** зат. өс. <лат. leucanthemum mill> *Орман ішінде, шабындықтарда өсетін, биіктігі 20–65 см-дей, ақ гүлді, біржылдық шөп.*

**ЕГІНЖАЙ** зат. *Егін егілген жер, егістік.*

**ЕГІН-СУАН** зат. жерг. ***Егін-терін.***–

**ЕГІН-ТЕГІН** зат. сөйл. ***Егін-терін.***

**ЕГІН-ТЕРІН** зат. *Жиылып-теріліп алынатын егін; жиын-терін.*

**ЕГІНШАРУАШЫЛЫҚ.** зат. *Шаруашылықтың егінмен айналысатын саласы, егін егу кәсібі.*

**ЕГІНШЕ** үст. *Егін тәрізденіп, егін сияқты.*

**ЕГІНШІ** зат. *Егін егетін, егіншаруашылығымен айналысатын адам; диқан.*

**Егінші ел.** *Диқан жұрт, халық.*

**ЕГІНШІЛІК** зат. **1.** *Егіншаруашылығымен айналысушылық, егін егушілік.* **2.** *Ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты, сапалы, мол өнім алу үшін жерді өңдеп баптау тәсілдерінің жүйесі.*

**Егіншілік құралы.** *Егін егуге, баптап өсіруге, өнімін жинауға керекті құрал-сайман мен жабдықтар.* **Егіншілік мәдениеті.** *Егіс егудің тәртіпке түскен жүйесі.*

**ЕГІР** зат. өс. *Емге қолданатын дәрі шөп.*

**ЕГІС** зат. **1.** *Ауылшаруашылық дақылдарын егу, себу ісі.* **2.** *Егін егілген, тұқым себілген жер.*

**Егіс агрегаты.** *Әртүрлі машинені егін егу жұмысына топтастыру ісі.* **Егіс басы.** *Егінжайда жұмыс істейтіндердің жиналатын орны.* **Егіс бригадасы.** *Егіс себетін, егінмен айналысатын бригада.* **Егіс бригадирі.** *Егіс бригадасының жетекшісі.* **Егіс дақылдары.** *Егістіктерде арнайы ауылшаруашылық, техникалық т.б. мақсаттарда өсірілетін өсімдіктер.* **Егіс даласы [аңызы].** *Егін егілген алқап.* **Егіс екті.** *Егіс септі, егін екті.* **Егіс – ерден, өнім – жерден.** *Егінді еге білу егіншіден, одан алатын өнім жердің құнарлылы-ғынан.* **Егіске шықты.** *Егіс егуге жұмылды, кірісті.* **Егіс қорғайтын орман белдеу.** егіншар. *Агломерацияның бір тармағы, ұзыннан-ұзақ отырғызылған орман белдеуі.* **Егіс салды.** *Жер жыртып, дән септі, егін екті.* **Егіс септі.** *Дән септі, ұрық шашты; егін екті.* **Егіс суы.** егіншар. *Техникалық егіс егілетін жерге оның тұқымын, көшетін отырғызбастан бұрын берілетін су.* **Егіс тереңдігі.** егіншар. *Топырақ бетінен басталып, егілген тұқымға дейін жалғасатын тереңдік.* **Егіс шығымы.** *Егілген егістен алынған өнім көлемі.*

**ЕГІС=** ет. *Белгілі бір дақылды сеуіп өсірісу.*

**ЕГІСЖАЙ** зат. сөйл. ***Егінжай.***

**ЕГІСТІК** зат. *Егіс себілген, егін егілген жер.*

**Егістік жерді су жаю арқылы суармалау.** егіншар. *Суарылатын танаптарды ұзақ уақыт су бастыру арқылы күріш дақылын суару түрі.* **Егістік кориандр.** өс. <лат. coriandrum sativum> *Биіктігі 30-70 сантиметрге дейін жететін, біржылдық, шөптектес өсімдік.* **Егістік көздері.** өс. <лат. anagallis arvensis> *Сабағы төрт қырлы, жерге төселіп көлбей өсетін, бұтақтары көп бір жылдық шөп тектес өсімдік.* **Егістік қарамықшасы.** өс. <лат. agrostemma githago> *Биіктігі 30–80 см-дей қалампыр тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік түрі.* **Егістік қияры.** өс. *Гүлі сары, дара жынысты, бір үйлі көкөністік дақыл.*

**ЕГІТІЛ=** ет. сөйл. *Егілу, езілу, елжіреу.*

**ЕГІТІЛУ** *Егітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕГІ-ШЕКСІЗ** сын. сөйл. *Көз жеткісіз, шексіз-шетсіз.*

**ЕҒЛАН** [ар.إعلان] зат. ескікіт. *Хабар; жария, әйгі.*

**Еғлан етті [қылды].** ескікіт. *Хабарлады, жария етті, әйгіледі.*

**ЕҒЛАНДА=** ет. ескікіт. *Хабарлау, жариялау, әйгілеу.*

**ЕҒЛАНДАТ=** ет. ескікіт. *Хабарлату, жариялату, әйгілету.*

**ЕҒЛАНДАТУ** ескікіт. *Еғландат етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҒЛАНДАУ** ескікіт. *Еғланда етістігінің қимыл атауы.*

**ЕД=** ет. *Еді етістігінің ықшамдалған түрі.*

**ЕДӘУІР** үст. *Бірталай, бірқатар, біраз, әжептәуір.*

**ЕДӘУІРДЕСІН** үст. сөйл. *Едәуірден соң, біраздан кейін.*

**ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ** үст. *Тез-тез, жедегабыл, жылдам.*

**ЕДЕН** зат. **1.** *Үйдің, қораның, құрылыстың табанына төселген тақта т.б. төсем.* **2.** *Үйдің, қораның, құрылыстың табаны, жер.*

**Еден төсеу.** *Еден салу, едендеу.*

**ЕДЕНДЕ=** ет. *Еден салу, еден төсеу.*

**ЕДЕНДЕЛ=** ет. *Еден салыну, еден төселу.*

**ЕДЕНДЕЛУ** *Еденделе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДЕНДЕТ=** ет. *Еден салдырту, еден төсету.*

**ЕДЕНДЕТУ** *Едендет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДЕНДЕУ** *Еденде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДЕНДІ** сын. *Едені бар, еден төселген.*

**ЕДЕНДІК** сын. *Еден боларлық, еден жасауға жарарлық.*

**ЕДЕНСІЗ** сын. *Едені жоқ, еден төселмеген.*

**ЕДИНИЦА** ор. зат. кіт. **1.** *Бірлік; біртектес, бірқалыпты нәрселерді белгілейтін (көрсететін) өлшем бірлігі, шама.* **2.** *Бір бүтін нәрсенің жеке бір бөлегі, бүтіннің бөлшегі.* **3.** ауыс. *Жеке адам, бір бүтін тұлға.*

**ЕДИНОРОГ** зат. сөйл. зоол. ***Жалғызмүйіз*** *(мұрын үстінде мүйізге ұқсас бір ұзын тісі бар теңіз хайуаны).*

**ЕДІ=** ет. *Е етістігінің өткен шақ (грамматикалық) формасы.*

**ЕДІЛБАЙ: Еділбай қойы.** қойшар. *Ет-май өндіру үшін өсіріле-тін қылшық жүнді, құйрықты қазақы қой тұқымының бір түрі.*

**ЕДІРЕЙ=** ет. **1.** *Тікірейіп қарау.* **2.** *Көзі шатынап қарау.* **3.** ауыс. *Ежірею, одыраю.*

**Едірейе қарады.** *Үрке қарады, шошына көз тікті.*

**ЕДІРЕЙМЕ** сын. *Едірейген, тікірейген.*

**ЕДІРЕЙТ=** ет. *Тікірейту, ежірейту, одырайту.*

**ЕДІРЕЙТУ** *Едірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Сәл едірею, аз-маз одыраю.*

**ЕДІРЕЙІҢКІРЕУ** *Едірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕЙІС=** ет. *Ежірейісу, одырайысу, тікірейісу.*

**ЕДІРЕЙІСУ** *Едірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕК** сын. *Едірейген, тікірейген.*

**ЕДІРЕҢ**[1] сын. **1.** *Ербиіп тұрған, селтиіп тұрған.* **2.** *Қожаңдаған, қоқаңдаған.*

**ЕДІРЕҢ**[2] елік. *Аяқасты шошып не жақтырмай қарағанды бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Едірең етті.** *Жалт қарады, көзі шатынады.* **Едірең қақты.** *Едірең-едірең етті.*

**ЕДІРЕҢБАЙ** сын. сөйл. *Едіреңдей беретін, едіреңдегіш.*

**ЕДІРЕҢДЕ=** ет. **1.** *Селтию, қарайып көріну.* **2.** *Тікірею, ежірею, одыраю.* **3.** ауыс. *Дікеңдеу, қоқаңдау, қораздану.*

**ЕДІРЕҢДЕГІШ** сын. *Едірең қаққыш, желіккіш, дікіңдеген.*

**ЕДІРЕҢДЕС=** ет. *Бір-біріне қоқаңдау, едірең-едірең етісу.*

**ЕДІРЕҢДЕСУ** *Едіреңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕҢДЕТ=** ет. *Едірең-едірең еткізу, қоқаңдату, дікеңдету.*

**ЕДІРЕҢДЕТУ** *Едіреңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕҢДЕУ** *Едіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕДІРЕҢ-ЕДІРЕҢ** елік. *Кенеттен шошып не жақтырмай қайта-қайта едіреңдеп қарағанды бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Едірең-едірең етті.** а) *Жалт-жалт қарады, елең-елең етті.* ә) *Тікірең-тікірең етті.* б) *Қожаң-қожаң етті, дікіңдеді.*

**ЕДІРЕЮ** *Едірей етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖДАҺАТ** зат. ескікіт. ***Іждағат.***

**ЕЖДИҺАТ** зат. ескікіт. ***Іждағат.***

**ЕЖДИҺАТСЫЗ** сын. ескікіт. ***Іждағатсыз.***

**ЕЖЕ**[1] [ар. هجاء] зат. **1.** діни. *Құран сүрелерін буындап, ежелеп оқу жүйесі, тәсіл.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің алғашқы бастамасы, әліппесі.*

**Еже тіл.** *Ерте кездегі қазақ жұртының өзара құпияласып сөйлейтін сөзі, жастар жаргонының бір түрі.*

**ЕЖЕ**[2] зат. **1.** көне. *Атасының, бабасының әпке-қарындасы.* **2.** жерг. *Нағашы апа.*

**ЕЖЕ**[3] үст. сөйл. ***Ең.***

**ЕЖЕГЕЙ** зат. этн. *Қайнаған сүтке қатық құйып, қант сеуіп, сарымай араластырылатын ұлттық тағам.*

**Ежегей құрт.** *Жеткілікті ашымаған айраннан қайнатылған үгілмелі құрт.*

**ЕЖЕГЕЙДЕЙ** сын. *Ежегей сияқты, ежегей тәрізді.*

**ЕЖЕҒАБЫЛ** зат. көне. этн. *Белқұда.*

**ЕЖЕҒАБЫЛ** үст. *Асығыс-үсігіс, тез, жедегабыл.*

**ЕЖЕК** зат. көне. *Қайырым, мейірім, шапағат.*

**ЕЖЕКТЕ=** ет. *Қайталап айтып салғыласу.*

**ЕЖЕКТЕТ=** ет. *Біреудің қайталап қоймай салғыласа беруіне қой демеу.*

**ЕЖЕКТІ** сын. *Қайырымды, мейірімді, бауырмал.*

**ЕЖЕҚАБЫЛ** зат. сөйл. ***Ежегабыл.***

**ЕЖЕЛГІ** сын. **1.** *Бұрыннан келе жатқан, дағдылы, үйреншікті, бұрынғы.* **2.** *Ертедегі, баяғы, әуелгі; дәстүрлі.*

**Ежелгі дұшпан ел болмас.** *Ата жау ымыраға келмес.* **Ежелгі дүние.** тар. *Адамзат қоғамы дамуының б.з.б. Рим империясы құлағанға дейінгі (б.з. 5 ғ.). кезеңі.* **Ежелгі заман.** *Баяғы өткен дәуір, баяғы заман.* **Ежелгі өткен шақ.** лингв. *Істің өте ертеде, яғни бұрын болып өткендігін көрсететін ашық райдың бір түрі.*

**ЕЖЕЛГІДЕЙ** үст. *Бұрынғыдай, баяғыдай.*

**ЕЖЕЛДЕ** үст. *Ертеде, баяғыда.*

**ЕЖЕЛДЕН** үст. *Бұрыннан, баяғыдан, ертеден; қашаннан, атам заманнан.*

**ЕЖЕЛЕ=** ет. **1.** *Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу.* **2.** *Сөзді, сөйлемді әріпке, буын-буынға бөліп, мәнерлеп оқу.* **3.** *Сөзді бөліп-бөліп айту, үзіп-үзіп сөйлеу; тұтығу, кібіртіктеу, ежіктеу.* **4.** ауыс. *Тәптіштеу, бақайшығына дейін шағу.* **5.** ауыс. *Байыптау, анықтау.*

**ЕЖЕЛЕН=** ет. *Екілену, өзеуреу, өршелену.*

**ЕЖЕЛЕНУ** *Ежелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖЕЛЕҢКІРЕ=** ет. *Сәл ежіктеу, ежелей түсу.*

**ЕЖЕЛЕҢКІРЕУ** *Ежелеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖЕЛЕС**[1]**=** ет. *Қосыла ежіктеп оқу.*

**ЕЖЕЛЕС**[2]**=** ет. **1.** *Шүйіркелесу.* **2.** ауыс. *Сөзге келу, тәжікелесу.*

**ЕЖЕЛЕСУ**[1] *Ежелес*[1] *етістігінің қимыл атауы; бірге ежіктеп оқу.*

**ЕЖЕЛЕСУ**[2] *Ежелес*[2] *етістігінің қимыл атауы; тәжікелесу, қарсы келу.*

**ЕЖЕЛЕТ=** ет. *Ежіктетіп оқыту.*

**ЕЖЕЛЕТУ** *Ежелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖЕЛЕУ** *Ежеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖЕН** зат. көне. *Мәнжу үкіметінің билеушісі.*

**ЕЖЕҢДЕС=** ет. сөйл. ***Ежікелес.***

**ЕЖЕҢДЕСУ** *Ежеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖЕ-СҮРЕ** зат. діни. *Буындап ежелеп оқылатын Құран сүресі.*

**ЕЖЕТ** зат. өс. <лат. halotis> *Сабағы да, жапырақтары да түкті өсімдік.*

**ЕЖЕТТЕС** сын. көне. *Пікірлес, сырлас; бір-бірін түсінетін (адам).*

**ЕЖІГЕЙ** зат. сөйл. ***Ежегей.***

**Ежігей құрт.** этн. *Қайнатылған қатықтан жасалған қышқылтым құрт.* **Ежігей мұң.** *Ұзаққа созылған мұң.*

**ЕЖІК**[1] зат. *Бір нәрсенің негізгі желісі, ұзын-ырғасы.*

**ЕЖІК**[2] ар. зат. сөйл. ***Еже.***

**ЕЖІКЕЛЕС=** ет. *Ерегісу, егесу, тайталасу, айтысып-тартысу.*

**ЕЖІКЕЛЕСУ** *Ежікелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІКТЕ=** ет. **1.** *Сөзді, сөйлемді буынға бөліп, ежелеп оқу; жақсы оқи алмау.* **2.** *Сөзді, сөйлемді бөліп-бөліп айту, үзіп-үзіп кібіртіктеп сөйлеу.* **3.** *Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу; ежелеу.* **4.** ауыс. *Бақайшығына дейін шағу, тәптіштеу, егжей-тегжейіне жету.*

**ЕЖІКТЕГІШ** сын. *Ежіктей беретін, тәптіштегіш.*

**ЕЖІКТЕГІШТІК** зат. *Тәптіштегіштік.*

**ЕЖІКТЕЛ=** ет. *Егжей-тегжейіне жеткізілу, тәптіштелу.*

**ЕЖІКТЕЛУ** *Ежіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІКТЕС=** ет. *Егжей-тегжейіне жеткізісу, тәптіштесу.*

**ЕЖІКТЕСУ** *Ежіктес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІКТЕТ=** ет. *Егжей-тегжейіне жеткізу, тәптіштету.*

**ЕЖІКТЕТУ** *Ежіктет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІКТЕУ** *Ежікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ежелеу, кібіртіктеу.* **2.** ауыс. *Тәптіштеу.*

**ЕЖІКТЕУШІЛІК** зат. *Ежіктеуге берілушілік.*

**ЕЖІЛ-ГҮЖІЛ** үст. **1.** *Даң-дұң, у-шу.* **2.** *Емін-еркін, ашық-жарқын.*

**ЕЖІЛ-ҒОЖЫЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**Ежіл-ғожыл болды.** жерг. *Бір-бірімен шүйіркелесіп сөйлесті, сөздері жарасты.*

**ЕЖІЛ-КҮЖІЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**ЕЖІЛ-ҚАЖЫЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**ЕЖІЛ-ҚОЖЫЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**ЕЖІЛ-ҚОЗЫЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**ЕЖІЛ-ҚҰЖЫЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**Ежіл-құжыл болды.** сөйл. *Шүйіркелесті, сөздері жарасты.*

**ЕЖІЛ-ТҮЖІЛ** үст. сөйл. ***Ежіл-гүжіл.***

**ЕЖІРЕ** зат. *Бір нәрсені уақытша пайдалану, жалға алу келісімі; жал.*

**Ежіре қылды.** жерг. *Келісті, уәделесті.*

**ЕЖІРЕЙ=** ет. жағымсыз. *Тесірейе қарау; бақыраю, бақшию.*

**Ежірейе қарады.** *Жақтырмай қарады, адырайды.*

**ЕЖІРЕЙТ=** ет. *Екі көзін тесірейте қарау, бақшиту.*

**ЕЖІРЕЙТУ** *Ежірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕЙТІҢКІРЕ**= ет. *Көзін едірейте тусу, адырайтыңқырау.*

**ЕЖІРЕЙТІҢКІРЕУ** *Ежірейтіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕЙІҢКІ** сын. *Ежірейе түскен, сәл ежірейген.*

**ЕЖІРЕЙІС**= ет. *Тесірейе қарасу, адырайысу.*

**ЕЖІРЕЙІСУ** *Ежірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕК**: **ежірек көз**. *Көзі ежірейген, тікірейген (адам).*

**ЕЖІРЕКТЕУ** сын. *Ежірейіңкіреген, ежірейіңкі.*

**ЕЖІРЕҢ** елік. *Едірейіп, адырайып қарауды бейнелейтін сөз.*

**Ежірең етті**. *Жақтырмай, ежірейе қарады, едірeңдеді.*

**ЕЖІРЕҢДЕ**= ет. *Ежірең-ежірең ету; көзін ежірейіп қарау.*

**ЕЖІРЕҢДЕС**= ет. *Бір-біріне қарасу, көздерін ежірейтісу.*

**ЕЖІРЕҢДЕСУ** *Ежірeңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕҢДЕТ**= ет. *Ежірең-ежірең еткізу, бақшиту, адырайту.*

**ЕЖІРЕҢДЕТУ** *Ежірeңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕҢДЕУ** *Ежірeңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЖІРЕҢ-ЕЖІРЕҢ** елік. *Жақтырмай, ұнатпай қарауды бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Ежірең-ежірең етті**. *Көзін аларта жақтырмай қарады, ежірeңдеді.*

**ЕЖІРЕЮ** *Ежірей етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗ** сын. **1.** *Ынжық, жасық, бос.* **2.** ауыс. *Бейшара, мүсәпір.* **3.** ауыс. *Ығыр қылған, мезі еткен, жалықтырған.*

**Ез жігіт.** *Ынжық, жасық жігіт.*

**ЕЗ**: **езі қалмады**. *Жаны түршікті, жақтырмады.*

**ЕЗ**[1]= ет. **1.** *Бір нәрсені суға салып ерiту; қатты затты жұмсарту немесе сұйық күйге айналдыру.* **2.** *Бір нәрсені мыжу, мыжғылау.* **3.** *Жаншу, жаныштау, таптау.* **4.** ауыс. *Қайғы-мұңға батыру, еңсесін көтертпеу.* **5.** ауыс. *Мылжыңдап көп сөйлеу, не болса соны айту, болмайтын нәрсені әңгіме ету.*

**Езіп ішпейді.** *Түкке де керек емес, қажеті жоқ.*

**ЕЗ**[2]= ет. **1.** *Біреудің еңбегін пайдаланып қанау.* **2.** *Бейшаралық күйде қараңғылықта ұстау; сорлату.*

**ЕЗБАЛДАҚ** зат. *Бос сөз, шатпақ; көкмылжың.*

**ЕЗБАЛДАҚТА**= ет. *Шатпақтау, мылжыңдау, езу.*

**ЕЗБАЛДАҚТАТ**= ет. *Шатпақтату, мылжыңдату.*

**ЕЗБАЛДАҚТАТУ** *Езбалдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗБАЛДАҚТАУ** *Езбалдақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗБАЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Езбалдақ***.

**ЕЗБЕ** сын. **1.** *Езіліп жатқан, миы шыққан (жер).* **2.** тамақ. <франц. puree> *Ұсатылған азықтардан (көбіне өсімдікті) картоп, сәбіз, шалқан, сондай-ақ асбұршақ, ұрмебұршақ, жармадан, қарақұмықтан, күріштен және т.б. дайындалатын біртектес қою біркелкі тағам.* **3.** ауыс. *Көп сөйлейтін, мылжың.*

**Езбе қырт**. сөйл. *Барып тұрған мыжыма, көкмылжың.* **Езбе сөз.** *Мылжың, мыжыма сөз.* **Езбе тірлік.** *Өнбейтін, мезі қылар тірлік.*

**ЕЗБЕЛЕ**= ет. *Көп сөйлеп, мыжу, шатпақтау.*

**ЕЗБЕЛЕН**= ет. *Мыжып, көп сөйлеу.*

**ЕЗБЕЛЕНУ** *Езбелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗБЕЛЕУ** *Езбеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗБЕЛІК** зат. *Көп сөйлеушілік, мылжыңдық, мыжымалық.*

**ЕЗГЕК** сын. сөйл. *Уайым-қайғыға тез берілгіш; күйрек, күйреуік.*

**ЕЗГУ** сын. ескікіт. **1.** *Ізгі, игі.* **2.** жерг. *Білері көп, мейірбан.*

**ЕЗГУЛІК** зат. ескікіт. *Ізгілік, игілік.*

**ЕЗГІ**[1] зат. **1.** *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық, өктем билеуші, отарлаушы, т.б. таптың, елдің қол астында бодандықта болушылық (халық, ел туралы). // Адамды езген, жаншыған, еңсені көтертпейтін (тіршілік, өмір).* **2.** *Біреудің өктемдігі, шексіз билігі, қиыншылық, амалсыздық.* **3.** ауыс. *Езбе мылжың, бос адам.*

**Езгіде болды [жүрді].** *Қаналды, құлдықта болды өктем тап немесе отарлаушы, жаулап алушы елдің қол астында бодан күй кешті.* **Езгіде келді.** *Езіліп келді, бодандықта болды, қаналды.* **Езгі көрді.** *Қаналды, өктем таптың қанауында жүрді.*

**ЕЗГІ**[2] сын. сөйл. ***Ізгі***.

**ЕЗГІЗ**[1]= ет. **1.** *Суға салып ерiткізу, қатты затты жұмсарттыру.* **2.** *Мыжғылату, жаншыту.*

**ЕЗГІЗ**[2]= ет. *Біреудің еңбегін жеу, қанауға ұшырату.*

**ЕЗГІЗУ** *Езгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІЛЕ**[1]= ет. **1.** *Қайта-қайта езу, мыжу, мыжғылау.* **2.** *Жұмарлау, илеу, түйгіштеу.* **3.** *Мылжа-мылжасын шығарып ұру, соққылау.* **4.** *Таптау, жаныштау.* **5.** ауыс. *Мылжыңдау, сөзуарлану, езбелену.* **6.** ауыс. *Еңсесін көтертпеу, қайғы-мұңға батыру.*

**ЕЗГІЛЕ**[2]= ет. *Қайта-қайта езгіге алу, қанау.*

**ЕЗГІЛЕН**= ет. *Мыжғылану, жаныштaлу, жұмарлану.*

**ЕЗГІЛЕНУ** *Езгілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІЛЕТ**= ет. *Мыжғылату, ұрғылату, соққызу.*

**ЕЗГІЛЕТКІЗ**= ет. *Мыжғылату, жұмарлату, езбелету.*

**ЕЗГІЛЕТКІЗУ** *Езгілеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІЛЕТУ** *Езгілет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІЛЕУ**[1] *Езгіле*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мылжалап соққылау.* **2.** ауыс. *Еңсесін көтертпеу, кеудені басқылау.*

**ЕЗГІЛЕУ**[2] *Езгіле*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІЛІК** зат. сөйл. ***Ізгілік***.

**ЕЗГІЛІКТІ** сын. сөйл. ***Ізгілікті***.

**ЕЗГІШ**[1] сын. **1.** *Бір нәрсені (бояу, сыр, сия т.б.) езетін, езуге шебер (адам).* **2.** ауыс. *Көп сөйлегіш, мыжыма, мылжың.*

**ЕЗГІШ**[2] сын. сөйл. *Езуші, қанаушы (тап).*

**ЕЗГІШТЕ**= ет. *Езген үстіне езе беру, әбден мыжып тастау.*

**ЕЗГІШТЕТ**= ет. *Езген үстіне езгізе беру, мыжғылату.*

**ЕЗГІШТЕТУ** *Езгіштет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗГІШТЕУ** *Езгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗДІК**[1] зат. **1.** *Ынжықтық, жасықтық.* **2.** *Ез болушылық, намысы жоқтық, қорқақтық.*

**Ездік мінез.** *Ынжық, жасық мінез.*

**ЕЗДІК**[2] зат. сөйл. *Езілушілік, қанаушылық.*

**ЕЗДІР**[1]= ет. *Суға салдырып жұмсартқызу, ерiткізу.*

**ЕЗДІР**[2]= ет. *Мыжғылату, жаншыту.*

**ЕЗДІРТ**= ет. *Жұмсартқызу, ерiткізу.*

**ЕЗДІРТКІЗ**= ет. *Ездіру, ерiткізу.*

**ЕЗДІРТКІЗУ** *Ездірткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗДІРТУ** *Ездірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗДІРУ** *Ездір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗЕ-ЖАНЫШ**= ет. *Қатты жаншып, барынша езу.*

**ЕЗ-ЕЗ** сын. *Барынша езілген.*

**ЕЗЕУРЕ**= ет. сөйл. **1.** *Айтқанды тыңдамай екілене сөйлеу.* **2.** *Өзеуреу.*

**ЕЗЕУРЕТ**= ет. *Екілендіре сөйлету, өңмеңдету.*

**ЕЗЕУРЕТУ** *Езеурет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗЕУРЕУ** *Езеуре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗМАЛТА** сын. **1.** *Көкмылжың, көп сөйлейтін езбе. // Мылжың адам, көп сөйлейтін езбе кісі.* **2.** жерг. *Жарымес, нақұрыс.*

**ЕЗМАЛТАЛА**= ет. *Мыжу, езу, шатпақтау.*

**ЕЗМАЛТАЛАУ**[1] сын. *Көкмылжыңдау, езбелеу.*

**ЕЗМАЛТАЛАУ**[2] *Езмалта етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗМАЛТАЛЫҚ** зат. *Мылжыңдық, мыжымалық, езбелік.*

**ЕЗСІН**= ет. *Ез санау, ез деп білу.*

**ЕЗСІНУ** *Езсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗУ**[1] зат. **1.** *Астыңғы ерін мен үстіңгі еріннің түйіскен жері, ауыздың екі жақ шеті.* **2.** ауыс. *Жол, өзен т. б. жағасы, жиегі, шеті.* **3.** ауыс. *Кейбір заттың, бұйымның шеті, жиегі.*

**Езу дауыстылары**. лингв. *Айтқанда еріннің кері тартылуы, жиырылуы арқылы жасалатын дауыстылар.* **Езу дыбыстары.** лингв. ***Езу дауыстылары***. **Езу жидырмады.** *Жұртты тоқтатпай күлкіге батырды, көп күлдірді.* **Езу жидырмас, күлкіден тыйдырмас**. *Көп күлдіре беретін, тоқтаусыз күлдіретін.* **Езу жимады [жинамады, жия алмады].** *Қайта-қайта күле берді, көп күлді.* **Езу тартқызды**. *Күлкісін келтірді, күлдірді.* **Езу тартты.** *Сәл жымиды, күлімсіреді.* **Езуі айырылғанша айғайлады [дауыстады].** экспр. *Қатты айғайлап үн шығарды.* **Езуі жайылды.** экспр. *Езу тартты, күлді, жымиды.* **Езуі [екі езуі] жиылмады [жиналмады, тыйылмады, тыя алмады].** *Күлкіге қарық болды, тоқтай алмай көп күлді.* **Езуі [екі езуі] көпірді.** а) *Көп сөйледі, дабырады.* ә) *Аттар алқымын баса алмады, қатты жүрістен терледі, көбігі ақты.* б) *Толқындары тулады, асып-тасып екпіндеп буырқанды.* **Езуіндегі күлкіні көрді.** *Жымиғанын байқады, күлгенін көрді.* **Езуінде күлкі.** *Күлімсіреген, жымиған қалып, күй.* **Езуіне күлкі жүгірді [үйірді].** *Жымиды, күлімсіреді.* **Езуінен күлді.** *Жымиды, күлімсіреді, езу тартты.* **Езуінен көбігі бұрқырады [көбік шашты].** бейн. *Буырқанып, бусанды, қаһарланды.* **Езуінен күлкі арылмады.** *Үнемі көңілді, қуанышты боп жүрді.* **Езуін жиды.** *Күлкісін тыйды, жымиюын доғарды.* **Езуін тыя [жия] алмады.** *Күлкісін тоқтата алмады, тоқтамастан күлді.* **Езуін тіліп, тісін қақты.** экспр. *Оңдырмай соққыға жықты, сазайын берді.* **Езуіңді ұрайын.** бейпіл. *Езуіңе болайын деген мағынадағы ұрсу, кейігендік.*

**ЕЗУ**[2] *Ез*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйық затпен араластырып ерiту.* **2.** *Сығу, жаншу, сығымдау.* **3.** ауыс. *Бос сөйлеу, мылжыңдау.*

**ЕЗУ**[3] *Ез*[2] *етістігінің қимыл атауы; қанау, езгіге алу.*

**ЕЗУ[4]** сын. сөйл. ***Ез.***

**ЕЗУЛЕ=** ет. **1.** *Тізгінін тарту, езуінен тартқылау.* **2.** ауыс. *Сөзге кезек бермеу, даурығу, өңештеу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің жиегімен жағалап жүру.*

**ЕЗУЛЕН=** ет. *Даурығу, өңештелу.*

**ЕЗУЛЕТ=** ет. *Тізгінін тартқызу, жағалатып жүргіздіру.*

**Бір езулетті.** *Бір жағына қарай бұрды.*

**ЕЗУЛЕТУ** *Езулет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗУЛЕУ** *Езуле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗУЛІ[1]** сын. *Езуі үлкен, жайындай.*

**ЕЗУЛІ[2]** сын. *Егілген, езіп қойылған, ерітілген.*

**ЕЗУЛІК** зат. **1.** *Астыңғы-үстіңгі еріндердің түйіскен екі шеті.* **2.** *Шеткі, езуге жақын жиек тұс.*

**Езулік дауысты.** лингв. *Езудің қатысы арқылы жасалатын дауысты дыбыс.*

**ЕЗУШІ[1]** зат. *Бір нәрсені езетін, езу ісімен шұғылданушы адам.*

**ЕЗУШІ[2]** зат. *Қанаушы, құлдықта ұстаушы, өзгенің еңбегін жеуші.*

**ЕЗУШІЛІК[1]** зат. *Бір нәрсені езумен шұғылданушылық.*

**ЕЗУШІЛІК[2]** зат. *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық.*

**ЕЗІЛ[1]=** ет. **1.** *Суға, сұйық затқа, майға т.б. араласып ерітіліп жұмсару, мыжғылану.* **2.** *Шылану, жібу, ерітіліп ағу.* **3.** *Тапталу, жаншылу.* **4.** ауыс. *Денесі дел-сал болу, бойы босаңсып қалу, мең-зең күй кешу.* **5.** ауыс. *Қайғы-шер бату, мұңаю, уайым жеу.*

**Езілген какао**. тамақ. *Какао бұршақтарын қабықтарынан тазалап, қуырып және ұнтақтап алынған өнім.* **Езілген құрт**. этн. тамақ. *Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін астауға салып ұнталып, келіге түйілген немесе қол диірменге тартылған кепкен құрт.* **Езіліп пісті**. *Жұмсақ болып, әбден балбырап пісті.*

**ЕЗІЛ[2]=** ет. ауыс. *Жұмсақ болып, балбырау, ылжырап пісу.*

**ЕЗІЛ[3]=** ет. *Еңбегі еш болып қаналу, таптың, елдің т.б. өктемдігінің әсерінде, қол астында болу.* //тар. *Қаналушы тап.*

**ЕЗІЛГІШ** сын. **1.** *Езіліп кеткіш, тез әрі оңай еритін (зат).* **2.** ауыс. *Елжірегіш, мейірленгіш.*

**ЕЗІЛДІР=** ет. *Суға шылатып жұмсартқызу, мыжғылату.*

**ЕЗІЛДІРУ** *Езілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛТ=** ет. **1.** *Суға шылатып мыжғылату.* **2.** ауыс. *Еміренту, елжірету.*

**ЕЗІЛТУ** *Езілт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛТІП-ЕГІЛДІР=** ет. *Жылатып-сықтату, қайғыртып-мұңайту.*

**ЕЗІЛТІП-ЕГІЛДІРУ** *Езілтіп-егілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛТІП-ЖАНШЫЛТУ** *Езілтіп-жаншылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛТІП-ЖАНШЫТ=** ет. *Қанаушылыққа ұшырату, құлдықта жүргізу.*

**ЕЗІЛУ[1]** *Езілу[1] етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ылжырау, еру, шылану.* **2.** *Мылжалану, жаншылу.* **3.** ауыс. *Елжіреу, егілу, қиналу.*

**ЕЗІЛУ[2]** *Езіл[2] етістігінің қимыл атауы; қиналу, бодандықта болу.*

**ЕЗІЛУШІ** зат. тар. **1.** *Үстем тап бодауы мен қанауындағы әлеуметтік-саяси жағдайы төмен тап.* **2.** *Езіліп келген, қанауда болған.*

**ЕЗІЛУШІЛІК** зат. *Езілгендік, қаналушылық.*

**ЕЗІЛІҢКІ** сын. *Езіліп жүрген, дел-сал болған, марғаулау.*

**ЕЗІЛІП-ЕГІЛ=** ет. *Жылап-сықтау, қайғыру, уайымдау, мұңаю.*

**ЕЗІЛІП-ЕГІЛУ** *Езіліп-егіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛІП-ЖАНШЫЛ=** ет. **1.** *Тапталып, жаншылып мыж-мыж болу.* **2.** ауыс. *Қанаушылықта болу, құлдықта жүру.* **3.** ауыс. *Еңсесі көтерілмей мең-зең күйде жүру.*

**ЕЗІЛІП-ЖАНШЫЛУ** *Езіліп-жаншыл[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІЛІС[1]** зат. *Мейірленген сәт, елжіреген күй.*

**ЕЗІЛІС[2]=** ет. *Қосыла мейірленісу, елжіресу.*

**ЕЗІЛІСУ** *Езіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІМ**: **бір езім**. *Бір рет езуге жарайтын.*–

**ЕЗІНДІ** зат. **1.** *Бір нәрсенің езілген, сұйылған күйі, ерітінді.* **2.** мед. *Емдік т.б. қасиеті бар арнайы мөзірімен дайындалатын қоймалжың немесе сұйық зат.* **3.** тамақ. *Піскен картоп, бұршақ т.с.с. езіп дайындалған тағам түрі.*

**ЕЗІҢКІРЕ**= ет. *Езе түсу, көбірек езу.*

**ЕЗІҢКІРЕТ**= ет. *Ездіре түсу.*

**ЕЗІҢКІРЕТУ** *Езіңкірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІҢКІРЕУ** *Езіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІП-ЖАНШУ** *Езіп-жаншы етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІП-ЖАНШЫ[1]=** ет. **1.** *Үстінен басу, таптау, мыжу.* **2.** ауыс. *Еңсені көтертпеу, ұнжырғасын түсіру.*

**ЕЗІП-ЖАНШЫ[2]=** ет. *Қанау, құлдықта ұстау.*

**ЕЗІП-ЖАНШЫТ=** ет. **1.** *Үстінен бастырып мыжғылату.* **2.** ауыс. *Қанауға ұшырату, құлдықта ұстату.*

**ЕЗІП-ЖАНШЫТУ** *Езіп-жаншыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЗІС=** ет. *Сулап жұмсартысу, мыжғыласу.*

**ЕЗІСУ** *Езіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЙ** од. *Танымайтын біреуді немесе онша ұнатпаған адамын өзіне қарату үшін немесе оның назарын өзіне аудару үшін айтылатын дыбыстық ишарат.*

**ЕЙ-ЕЙ** од. *Ескертуді, құптамауды білдіретін ишарат сөз.*

**ЕК[1]=** ет. **1.** *Егін егу, тұқым себу; өсімдік өсіру, отырғызу.* **2.** вет. *Малды қолдан ұрықтандыру.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені (ғылым-білімді, ойды, идеяны т.б.) елге (көпшілікке) үгіттеу, насихаттау, санаға сіңіру.*

**ЕК[2]=** ет. мед. **1.** *Белгілі бір аурудан, індеттен алдын ала сақтандыру, қорғау және адам мен жан-жануар ағзасының қорғаныс қабілетін арттыру үшін қанына сол аурудың таяқшасын (тұқымын) жіберу.* **2.** вет. *Белгілі бір мақсат үшін жан-жануардың ағзасына қажетті зат (қан т.б.) ендіру.*

**ЕКЕ-КЕУ** од. экспр. *Аха-хау, охо-хой деген сияқты қуануды білдіретін одағай сөз. // Ойын-күлкі, сауық-сайран.*

**ЕКЕЛЕС=** ет. сөйл. *Сөйлесу, түсінісу, ұғынысу; «еке», «еке» десу.*

**ЕКЕЛЕСУ** *Екелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕН=** ет. *«Е» көмекші етістігінің өткен шақ есімше формасы.*

**ЕКЕНШЕ** зат. жерг. *Екі ен етіп тігілген кішірек қап.*

**ЕКЕР** зат. этн. *Ағаш ертоқым.*

**ЕКЕСТІ** сын. *Есі онша дұрыс емес. // Есі дұрыс емес, ойланбайтын адам.*

**ЕКЕУ** сан. **1.** *«Екі дана», «жұп» мағынасындағы жинақтық сан.* **2.** *Әлдебір (белгісіз) екі адам (кісі).*

**Екеу болды**. *Қос көрінді, бұлдырады. // Жұптасты, отбасын құрды, үйленді.* **Екеу болу**. *Отбасын құру, үйлену.*

**ЕКЕУАРА** үст. **1.** *Екі адамға ортақ, екі кісіге бірдей.* **2.** *Екеуінің арасында ғана, өзара екеуінен басқа ешкімге қатысы жоқ.*

**ЕКЕУДЕН** үст. *Екі-екіден, қос-қосынан, егізден, жұбымен.*

**ЕКЕУДЕН-ЕКЕУ** үст. *Екеуі ғана, оңаша.*

**ЕКЕУДЕН-ҮШЕУДЕН** үст. *Екіден, үштен топтасып.*

**ЕКЕУ-ЕКЕУ** үст. *Екі-екіден, қос-қостан.*

**ЕКЕУ-ЕКЕУДЕН** үст. *Екі-екіден, қос-қостан, жұптасып.*

**ЕКЕУЛЕ=** ет. *Екі адам болып бірлесіп істеу, екеу болып жабылу.*

**ЕКЕУЛЕП** үст. **1.** *Екі адам болып, бірлесіп.* **2.** *Екі-екіден, жұптасып.* **3.** *Екеуі ғана, көзбе-көз, оңаша.*

**ЕКЕУЛЕП-ҮШЕУЛЕ=** ет. *Екеу-үшеу болып, бірігу, жабылу. // Екі-үштен, екеу-үшеуден.*

**ЕКЕУЛЕП-ҮШЕУЛЕУ** *Екеулеп-үшеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕУЛЕС=** ет. *Екі адам болып бірлесе істесу, атқарысу.*

**ЕКЕУЛЕСУ** *Екеулес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕУЛЕТ=** ет. *Екі адамды бірлестіріп істету.*

**ЕКЕУЛЕТКІЗ=** ет. *Екеулеттіру.*

**ЕКЕУЛЕТКІЗУ** *Екеулеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕУЛЕТУ** *Екеулет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕУЛЕУ** *Екеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКЕУЛІК** зат. *Екеу болушылық, жұптық.*

**ЕКЕУ-ҮШЕУ** сан. *Екі не үш екендігін болжай көрсететін жинақтық сан; екі-үш.*

**Екеу-үшеу болып көрінді.** *Көзі бұлдырады, қос көрінді.*

**ЕКЕУ-ҮШЕУДЕН** үст. *Екіден-үштен бірігіп.*

**ЕКЕШ** шыл. *Тіпті, ең аяғы, ең соңғы; қала берді деген күшейткіш мағынадағы көмекші сөз.*

**ЕКЖЕЙ-ТЕКЖЕЙ** үст. сөйл. ***Егжей-тегжей.***

**ЕККІЗ[1]=** ет. *Өсімдік өсірту, отырғыздыру.*

**ЕККІЗ[2]=** ет. *Індеттен сақтандыру, ағзаның қорғанысын күшейту үшін қанға ауру таяқшасын жіберткізу.*

**ЕККІЗДІР[1]=** ет. *Өсімдік өсірту, отырғыздыру.*

**ЕККІЗДІР[2]=** ет. *Індетке, ауруға қарсы дәрі салғыздыру.*

**ЕККІЗДІРУ[1]** *Еккіздір[2] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕККІЗДІРУ[2]** *Еккіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕККІЗУ[1]** *Еккіз[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕККІЗУ[2]** *Еккіз[2] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕККІШ** сын. *Егумен шұғылданған, соған төселген (адам).*

**ЕКПЕ[1]** сын. *Қолдан егіп өсірілетін, егілетін; табиғи емес.*

**Екпе дақылдар.** егіншар. *Әртүрлі ауылшарушылық мақсатта қолдан өсірілетін, егілетін дақылдар.* **Екпе қарақұмық.** өс. <лат. fagopyrum sagittatum> *Дәндерін әртүрлі ауылшаруашылық мақсатта пайдаланатын егіндік шөптесін өсімдік.* **Екпе пар**. егіншар. *Ерте пісетін дақылдар жазда жиналып алынып, оның орнына күздік дақыл егілетін ауыспалы егістік.* **Екпе сәбіз.** өс. <лат. daucus sativa> *Тағамдық және малазықтық түрлері бар шатыршағүлділер тұқымдасына жататын*

*өсімдік түрі.* **Екпе сиыржоңышқа**. ө с. <лат. vicia sativa> *Бұршақ тұқымдасына жататын малазықтық шөптесін өсімдік.* **Екпе шөп.** а у ы л ш а р. *Егістікте не табиғи шалғындықта егіп өсірілетін біржылдық және көпжылдық шөп.* **Екпе шытырмақ.** ө с. <лат. lepidium sativum> *Биіктігі 30–60 см, көбінесе қолдан өсірілетін өсімдік.*

**ЕКПЕ**[2] з а т. м е д. <лат. vacca> *Әлсіз немесе өлі микроағзалардан дайындалатын жұқпалы ауруларға қарсы иммунитет қалыптастыруға арналған медициналық немесе малдәрігерлік препарат.*

**ЕКПЕБҰРШАҚ** з а т. ө с. <лат. pisum sativum> *Бұршақ тұқымдасына жататын дөңгелек жемістері бар бақшалық шөптесін өсімдік.*

**ЕКПЕЖОҢЫШҚА** з а т. ө с. <лат. medicago sativa> *Бұршақ тұқымдасына жататын малазықтық шөптесін өсімдік түрі.*

**ЕКПЕЖУА** з а т. ө с. с ө й л. ***Қытайпияз.***

**ЕКПЕКТЕ=** е т. с ө й л. *Етпеттеу.*

**ЕКПЕКТЕТ=** е т. с ө й л. ***Етпеттету.***

**ЕКПЕЛІ** с ы н. *Қолдан егілген екпе.*

**Екпелі шөп.** а у ы л ш а р. *Қолдан егілген шөп.*

**ЕКПЕТОҒАЙ** з а т. а у ы л ш а р. *Ашық грунтта ағаштектес өсімдіктер отырғызылған аумақ.*

**ЕКПЕТТЕ=** е т. с ө й л. ***Етпетте.***

**ЕКПЕТТЕУ** с ө й л. *Екпетте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКПЕТІМЕН** ү с т. с ө й л. ***Етпетінен.***

**ЕКПЕТІНЕН** ү с т. с ө й л. ***Етпетінен.***

**Екпетінен түсті.** *Етпетінен түсті, басын жерге қарата құлады.*

**ЕКПЕШЫТЫР** з а т. ө с. <лат. lepidium sativum> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕКПІН**[1] з а т. **1.** *Белгілі бір күштің пәрмені, серпіні.* **2.** *Күш, тегеурін.* **3.** *Қарқын.* **4.** п о э т. *Бір нәрсенің әсері, буы, қуаты.* **5.** м у з. <лат. tempus> *Музыкалық шығарманың орындалу жылдамдығы, қарқыны.*

**Екпінге басты**. *Қарқынын күшейті, жүрісін тездетті.* **Екпін күші.** ф и з. *Денелердің сыртқы күш әсері тимеген жағдайда (немесе бірін-бірі өзара теңгеруші күштер әсер еткен жағдайда) өзінің қозғалысын өзгеріссіз күйде сақтайтын, ал сыртқы күш әсер еткен жағдайда өз қозғалысын біртіндеп өзгертетін қасиеті.* **Екпіні атқан оқтай**. б е й н. *Зымыраған, зулаған күшті қарқынмен.* **Екпінін басты.** *Бетін қайтарды, тойтарды.* **Екпіні басылды**. *Беті қайтты, тойтарылды.* **Екпіні қайтты.** *Беті қайтты, қарқыны басылды, тауы шағылды.* **Екпіні тау [үй] жыққандай [жығарлық, жарғандай, жығардай].** *Аса күшті, тегеурінді мықты.*

**ЕКПІН**[2] з а т. <лат. tempus> **1.** л и н г в. *Сөз ішіндегі белгілі бір буынның сөздің басқа буындарын біріктіруші қызмет алып, күшті, көтеріңкі дауыспен айтылып, айқын естілуі.* **2.** *Белгілі бір сөздің мән беріле, көңіл аударыла айтылуы; дауыстың көтеріңкі шығуы.*

**ЕКПІНДЕ=** е т. **1.** *Екпінін күшейту; ентелеу.* **2.** *Күшею, қарқындау.* **3.** а у ы с. *Қарыштау, алға ұмтылу.* **4.** а у ы с. *Бір нәрсеге әсерлене қатты сөйлеу; екілену, арқалану.*

**Екпіндей сөйледі.** а) ж а ғ ы м с ы з. *Даусын көтере даурыға, еліре сөйледі.* ә) ж а ғ ы м д ы. *Әсерленіп, арқаланып, бар ынтасымен жанын салып сөйледі.*

**ЕКПІНДЕН=** е т. *Екпіннің күшейтілуі, қарқындалу, қарышталу.*

**ЕКПІНДЕНУ** *Екпінден етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКПІНДЕТ=** е т. **1.** *Екпінін күшейту, екпінін арттыру.* **2.** а у ы с. *Даусын күшейту, зорайту.* **3.** а у ы с. *Екілендіру, қарқындату.*

**Екпіндете сөйледі.** *Арқалана, әсерлене сөйледі.*

**ЕКПІНДЕТКІЗ=** е т. *Екпінін күшейттіру, жылдамдату, үдей түсірту.*

**ЕКПІНДЕТКІЗУ** *Екпіндеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКПІНДЕТУ** *Екпіндет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКПІНДЕУ**[1] *Екпінде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күшею, қарқындай түсу.* **2.** а у ы с. *Еліру, екілену, асқақтау.*

**ЕКПІНДЕУ**[2] з а т. с п о р т. *Спортта қимыл-қозғалыс кезінде тез жинақталу арқылы күш жұмсау.*

**ЕКПІНДІ**[1] з а т. с о в е т. *Кеңестік құрылыс тұсында еңбек ұжымдары, жұмысшы, еңбекшілер арасындағы социалистік жарыстың жеңімпаздары.*

**Екпінді бригада.** с о в е т. *Кеңестік өкіметі тұ-сындағы барлық жағынан – жоспар мен міндеттемені орындауда, техниканы жете меңгеруде, өндірістік еңбек тәртібін сақтауда – алдыңғы қатарлы бригада.*

**ЕКПІНДІ**[2] с ы н. **1.** *Екпіні күшті, қарқынды.* **2.** а у ы с. *Жылдам, тез.* **3.** а у ы с. *Көтеріңкі, жігерлі; пафосқа толы.* **4.** а у ы с. с о в е т. *Алдыңғы қатарлы, озат, озық.*

**Екпінді ақ су**. ж е р г. *Тау суы.* **Екпінді буын.** л и н г в. *Екпін түскен буын.* **Екпінді құрылыс**. с о в е т. *Тез қарқынмен салы-натын құрылыс.* **Екпінді міндеттеме**. с о в е т. *Социалистік құрылыс жүйесінде жоғары нәтижеге қысқа мерзімде жеткізу жоспарланған міндеттеме.* **Екпінді шаңтұтқыш.** *т е х. Шаңның ұсақ бөлшектерін газ ағынынан ағын қозғалысының бағытын кенет өзгерту кезіндегі екпін күші арқылы ұстап қалу негізінде жұмыс істейтін шаңтұтқыш.*

**ЕКПІНДІЛЕУ** с ы н. *Екпіні күштірек; қарқындылау.*

**ЕКПІНДІЛІК**[1] з а т. **1.** *Екпінді болушылық, қарқындылық; пәрменділік.* **2.** с о в е т. *Екпінді адамға тән қасиет; озаттық.*

**ЕКПІНДІЛІК**[2] з а т. л и н г в. *Екпінге ие болу-шылық, екпін түскендік.*

**ЕКПІНДІРЕК** с ы н. *Екпіні күштірек, қаттырақ.*

**ЕКПІН-КҮШ** з а т. *Екпін мен күш.*

**ЕКПІН-ЛЕП** з а т. *Екпін мен леп.*

**ЕКПІН-САРЫН** з а т. *Екпін мен сарын.*

**ЕКПІНСІЗ**[1] с ы н. *Екпіні жоқ, қарқынсыз.*

**ЕКПІНСІЗ**[2] с ы н. л и н г в. *Екпін түспеген, сөз ағымында ерекшеленбеген (дыбыс, буын, сөз).*

**ЕКСЕ**[1] с ы н. к ө н е. *Ересек, мосқал.*

**ЕКСЕ**[2] с ы н. ж е р г. *Кенде, зәру, мұқтаж.*

**ЕКСУ** *Ексі етістігінің қимыл атауы; үміт ету.*

**ЕКСІ=** е т. *Елту, дәмелену; емексу, үміт ету.*

**ЕКСІЛ=** е т. *Екшелу, азаю.*

**ЕКСІМ** з а т. *Екпін, қарқын; өктемдік, қызбалық. // Өктем, үстем, басым, астам.*

**Ексім жел**. *Екпінді, қарқынды жел; өкпек.*

**ЕКСІМДЕ=** е т. **1.** *Екпіндеу, қарқындау; үдей түсу, өршелену.* **2.** а у ы с. *Астамсу, өктемсу.* **3.** а у ы с. *Көтеріле, қыза сөйлеу; екілену, өзеурeу.*

**ЕКСІМДЕН=** е т. *Екпінделу, қарқындалу, өршелену.*

**ЕКСІМДЕНУ** *Ексімден етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКСІМДЕУ** *Ексімде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКСІМДІ** с ы н. *Екпінді, қарқынды.*

**Ексімді жел.** с ө й л. ***Ексім жел.***

**ЕКСІМ-ЕКСІМ** ү с т. *Өктем-өктем, үстем-үстем.*

**ЕКСІТ=** е т. *Елірту, емексіту, дәмелендіру.*

**ЕКСІТУ** *Ексіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКТІР**[1]**=** е т. *Тұқым септіріп, өсімдік өсірту, отырғыздыру.*

**ЕКТІР**[2]**=** е т. м е д. в е т. *Қанға ауру талшықтарын жіберіп, індеттен сақтандыру.*

**ЕКТІРУ**[1] *Ектір*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКТІРУ**[2] *Ектір*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕ**[1]**=** е т. **1.** *Дән, жарма тәрізді майда дақылдарды желпіп, ірісін бір бөлек, уағын бір бөлек шығару (айыру).* **2.** а у ы с. *Бір нәрсені іріктеу, саралау, талдау, сұрыптау.* **3.** а у ы с. *Ой елегінен өткізу, ақылға салу; салмақтау.*

**Екшей көрсету**. ж е р г. *Мейлінше анық, дәл көрсету.* **Екшеп алып тастау.** *Саралап, тазартып, артық-кемін жою.*

**ЕКШЕ**[2] з а т. ж е р г. *Кимешек.*

**ЕКШЕГІШ** з а т. т е х. *Бір затты екшейтін нәрсе, құрал.*

**ЕКШЕЛ**= е т. **1.** *Іріктеліну, сұрыпталыну.* **2.** а у ы с. *Талқыдан өтіп, таңдалып алыну.*

**ЕКШЕЛЕ=** е т. *Мұқияттап екшеу, бірнеше рет сұрыптан өткізу.*

**ЕКШЕЛЕН=** е т. **1.** *Талқыдан өткізіліп, сараланy, сұрыпталу.* **2.** *Іріктелу, таңдалу.*

**ЕКШЕЛЕНУ** *Екшелен етістігінің қимыл атауы; сұрыпталу.*

**ЕКШЕЛЕС=** е т. ж е р г. *Таласып-тартысу, талқыға салысу.*

**ЕКШЕЛЕСУ** *Екшелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕЛЕТ=** е т. *Іріктету, сұрыптату, екшету.*

**ЕКШЕЛЕТКІЗ=** е т. *Іріктеткізу, сұрыптатқызу, екшету.*

**ЕКШЕЛЕТКІЗУ** *Екшелеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕЛЕТУ** *Екшелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕЛЕУ** *Екшеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕЛУ** *Екшел етістігінің қимыл атауы; сұрыпталу, таңдалыну.*

**ЕКШЕЛІН=** е т. с ө й л. ***Екшелен.***

**ЕКШЕЛІҢКІРЕ** е т. *Аздап екшелу, іріктеліңкірeу.*

**ЕКШЕНДІ** з а т. **1.** *Екшеліп алынған, іріктеліп алынған, сұрыпталып шыққан нәрсе.* **2.** а у ы с. *Қорытынды, байлам, түйін.*

**ЕКШЕП-ЕЛЕ=** е т. *Іріктеу, талдау, саралау, електен өткізу.*

**ЕКШЕП-ЕЛЕТ=** е т. *Іріктету, талдату, саралату, електен өткізу.*

**ЕКШЕП-ЕЛЕТУ** *Екшеп-елету етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕП-ЕЛЕУ** *Екшеп-еле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕС=** е т. *Іріктесу, сұрыптасу.*

**ЕКШЕСТІР=** е т. *Іріктеттіру, сұрыптату.*

**ЕКШЕСТІРУ** *Екшестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕСУ** *Екшес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕТ=** е т. *Іріктету, талдату, сұрыптату.*

**ЕКШЕТУ** *Екшет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕУ** *Екше етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКШЕУІШ** з а т. т е х. *Сусымалы заттарды қозғалмайтын тор көзден немесе електен өткізу арқылы механикалық әдіспен сұрыптауға арналған құрылғы.*

**ЕКІ** сан. **1.** *Бір мен үштің арасындағы есептік сан; бір мен бірдің қосындысы.* **2.** *Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп мөлшер, өлшем, шама мәнін береді.* **3.** *Жұп, қос; пар.* **4.** пед. *Оқушылардың біліміне қойылатын ең төменгі баға, балл.*

**Екі айтқызбады**. *Айтқанын екі етпеді, бірден істеп тастады.* **Екі айтпады**. *Сертте, уәдеде тұрды, айтқанынан қайтпады.* **Екі айырылды.** *Екі бөлінді, бөлек кетті.* **Екі ара [аралық].** а) *Аралық қашықтық, мөлшер; екі орта.* ә) *Арақатынас.* **Екі арада**. а) *Екеуінің арасында, ортасында; екі ортада,* ә) *Бұл уақыт аралығында, осы мезетте.* **Екі аттатпады**. *Тез қуып жетті, алысқа жібермеді.* **Екі ауыз.** а) *Азғана, кішкене, шағын. ә) Екі шумақ өлең.* **Екі ауыз сөз.** *Қысқа тұжырымды әңгіме.* **Екі ауыз сөздің басын қосты.** *Сөз қисынын келтірді, түзу сөйледі.* **Екі ауыз сөздің басын құрай [қоса] алмайды.** *Сөз қисынын келтіре алмайды, жөндеп сөйлей алмайды.* **Екі ашпалы**. *Екі жаққа ашылатын, құранды.* **Екі аюдың арасына түсті**. *Қауіптің арасында қалды.* **Екі аяғын бір етікке тығу.** *Састыру, апшысын қуыру, тықсыру.* **Екі аяқ көже**. *Мол, қалағанынша, тойғанынша.* **Екі аяқты.** бейне. а) *Азғын, адамгершіліктен жұрдай.* ә) *Адамзат, кісі.* **Екі басқа**. *Мүлде бөтен, тіптен өзгеше.* **Екі бас намаз.** діни. *Екі рет сәждеге барып оқылатын намаз.* **Екі басы.** *Екі жағы, екі ұшы.* **Екі беті.** *Бет әлпеті, жүзі.* **Екі беті суалды**. *Жүдеді, арықтады, құр сүлдері қалды.* **Екі болмады.** *Қайталанбады, мүлтіксіз орындалды.* **Екі білек.** *Қос қолдың шынтаққа дейінгі тұсы.* **Екіге бөлу.** *Жіктеу, саралау.* **Екі бөлінді.** *Тұтастығы бұзылды, араздасты.* **Екі бүктеді.** *Бұйым құрлы көрмей, жұмарлап салды.* **Екі бүктелді**. *Қол-аяғын бауырына алып, бүрісіп қалды.* **Екі бірдей**. *Бірі-бірінен кем соқпайтын.* **Екіге жарылды.** *Араздасты, кетті.* **Екі дай.** *Екі жақ, екі топ.* **Екі дара.** *Әр басқа, әр бөлек.* **Екіден бірі**. *Бүтін нәрсенің (заттың) жартысы, тең жарымы.* **Екі дене есебі.** астр. *Аспан механикасының жеке бір есебі.* **Екі дүние.** а) *О жалған мен бұ жалған, о дүние мен бұ дүние.* ә) *Ескі заман мен жаңа қоғам.* б) *Екі түрлі әлеуметтік орта.* **Екі дүние бір қадам.** *Сырдың суы сирағынан келмейді, айтқаны қаперіне кірмейді деген мағынада.* **Екі дүниеде**. *Өмір бойы, мәңгі-бақи.* **Екі дүниеде жамандық көрме!** алғыс. *Өмір бақи қорлық көрме, жапа шекпе.* **Екі дүниенің есігі**. *О дүние мен бұ дүниенің қақпасы.* **Екі дүние сауабын алды**. *Үлкен жақсылық жасады, сауапты іс бітірді.* **Екі дүркін**. *Екі рет, екі мәрте.* **Екі езуі екі құлағында [құлағына жеткен]**. *Мәз, өте көңілді.* **Екі езуі көпірді.** *Бұлқан-талқан болды, тасыды.* **Екі езуін тілді.** *Аямай жазалады, тілін кесті.* **Екі елуді жасамады.** көне. *Жасы жүзге жетпеді.* **Екі елі айырылмады [ажырамады, қалмады]**. *Үнемі ілесіп жүрді, қасынан қалмады.* **Екі елі ауызға төрт [бес] елі қақпақ.** *Сақтық ету, сыр шашпау; сөзіне, тіліне ие болу.* **Екі елі аузына бір елі қақпақ қойды.** *Артық-ауыз сөз айтпады, өсек-аяңға ермеді, сыр шашпады.* **Екі елі ұзамады [аттап шықпады].** *Алысқа кетпеді, ұзап шықпады.* **Екі енені тел емді.** *Екі жаққа да сүйкімді болды, екі жақтың да жақсылығын, көмегін көріп өсті.* **Екі есе.** *Екі қайтара мөлшер, екі мөлшер.* **Екі етегін түрінді.** *Бар ықыласымен, ынтасымен кірісті.* **Екі етек болды.** *Барын салып күтті.* **Екі жағына қарамады**. *Жан-жағын барламады, байыптай алмады.* **Екі жақ.** а) *Екі тарап, екі түрлі бағыт.* ә) *Қарама-қарсы жақ, жан-жақ.* **Екі жақтады**. а) *Екеуі бірікті, көмектесті.* ә) *Жабылды, екеуледі, ортаға алды.* **Екі жапсақ, бір епсек.** *«Екі жеп, биге шығу», еселеп пайда табу мағынасында.* **Екі жар [болды].** *Екіге бөлінді; жақ-жақ болды.* **Екі жарты, бір бүтін болды.** *Кемтар, жоқ-жітік, жалғызілік, жасы ұлғайған әйел адам мен ер адам отбасын құрды.* **Екі [екіге] жарылды**. *Орталарын ашты, қақ бөлінді.* **Екі желеу, бір сылтаумен.** *Қолға іліккендіретіне қарай мүмкіндігінше пайдалана отырып, әлдененi бетке ұстап.* **Екі жеп биге шықты.** *Екі жақтан бірдей пайда түсірді; олжалы болды, ұтты.* **Екі жиһан.** *О дүние мен бұл дүние.* **Екі жол аралығы.** инф. <ағыл. feed pritch, line spacing> *Мәтіннің бір жолының тірек сызығынан келесі жолдың тірек сызығына дейінгі қашықтық.* **Екі жұлдыз.** бейн. *Бір-біріне ғашық екі жас.* **Екі жүрек**. бейн. *Бір-бірін сүйген екі жас.* **Екі иығына [иініне] екі кісі мінгендей.** *Алып денелі, еңгезердей, зор.* **Екі иығына екі үкі, басына бір үкі тақты.** *Асыра мақтады.* **Екі иығынан [иінінен] дем алды**. а) *Ентікті, алқынды.* ә) *Тынысы тарылды, жаны қысылды.* б) *Бұрқ-сарқ етіп қайнады, тасып төгілді.* в) *Дандайсыды, деміне нан пісті, мақтанды.* г) *Қатты ашуланды.* **Екі иығын [иінін] жұлып жеді**. а) *Өзіне өзі тыныштық бермеді, жанын жеді.* ә) *Қатты долданып, ашуланды.* **Екі иығы салбырады.** *Төменшік тартты, басылып қалды, сүмірейді.* **Екі иіні қақпақтай.** *Иықты, жауырынды.* **Екі иініне [иығына] су кетті**. *Жүні жығылды, сүмірейді.* **Екі [айналып] келмейді**. *Қайта соқпайды, оралмайды.* **Екі кеме құйрығын ұстады.** *Екі-үш істі (кейде бір-біріне керегар нәрсені) қатарынан бітірмекші болды.* **Екі кештің арасында.** *Апақ-сапақта, қызыл іңірде, көз байланар-байланбаста.* **Екі көзден жас кетпеді.** *Үнемі қайғы көрді.* **Екі көздің бірі [егіздің сыңары].** *Бауыры, туысы, сенері, серігі.* **Екі көздің біріндей.** *Ең жақыны, туысқандай көретін адамы; бауыры; досы.* **Екі көздің нұрындай.** *Көз жанарындай.* **Екі көзден от жанған.** *Өткір, өжет, жалынды.* **Екі көздің шарасы.** *Көздің ұясы.* **Екі көзі алдында.** *Алдыңғы жақтан көз алмады, ылғи алға қараумен болды.* **Екі көзі аспанда**. а) *Алақ-жұлақ етті.* ә) *Дандайсыды, кісімсіді, паңсынды.* б) *Қиялы басқа жақта, өзімен-өзі.* **Екі көзі атыздай болды.** *Зәресі ұшты, қатты қорықты.* **Екі көзі бұлаудай [добалдай]**. *Көз жасын төккен, көп жылаған.* **Екі көзі бұлдырлады. Екі көзі жаудырап.** *Көздері мөлдіреп, жаутаңдап. Көзі қарауытты, анық көре алмады.* **Екі көзі жеп барады.** *Тесіле, сұқтана қарады.* **Екі көзі жер сүзді**. *Ұялды, қысылды.* **Екі көзі қызарды.** *Жанары тайды, болдырды.* **Екі көзін қан басты**. *Ашу кернеді, қаны бетіне шапты.* **Екі көзін төрт қылды.** *Әбден күттірді, зарықтырды.* **Екі көзін шарт [тарс] жұмды.** *Еш нәрсені көргісі де, білгісі де келмеді.* **Екі көзін шел басты**. *Еш нәрсені байқамады, көрмеді.* **Екі көзі оттай жайнады [жанды]**. *Көздері жалт-жұлт етті.* **Екі көзі су қараңғы.** *Соқыр.* **Екі көзі төрт болды.** *Зарыға, сарғая күтті, жолына қарады.* **Екі көзі шарасынан шықты**. *Қатты қорықты.* **Екі күннің бірінде.** *Құдайдың күтты күні, күнде, күн сайын.* **Екі қабатты**. *Бірінің үстіне бірі орналасқан, екі қатарлы.* **Екі қанат, бір құйрық.** *Құстың тұрпаты.* **Екі қойың бір сом.** *Бәріне немқұрайлы.* **Екі қолға бір жұмыс [күрек]**. *«Әйтеуір бір жұмыс табылар» деген мағынада.* **Екі қолы алдына сыймады.** *Қарап отыра алмады, іші пысты.* **Екі қолы жағасында**. *Арпалысты, күресті, тайталасты.* **Екі қолын артына байлады**. *Тұтқындады, тұтқынға алды.* **Екі қолын бос салды.** *Бос жүрді, текке сандалды, еңбексіз, шаруасыз болды.* **Екі қолын [қол] жайды.** а) Тіленіп сұранды, емінді. ә) *Бата берілгенде, Алладан дұға қылғанда тілек, дұға қабыл болсын дегенді білдіретін қимыл-ишаратпен алақанын бетіне қаратып екі қолын кеуде тұсына ұстады.* **Екі қолын танауына тығып қалды**. *Барынан айырылды, алданды, жер соқты.* **Екі қолын төбесіне қойды**. *Мүлде безді, түңілді.* **Екі қошқардың басы бір қазанға сыймады**. *Ынтымағы жараспады, татулықты білмеді, екі мықты бір отыра алмады, бірін-бірі сыйламады.* **Екі қоянды бір таяқпен ұрып алды [өлтірді].** *Жолы бола кетті; бірден екі шаруаны бітірді.* **Екі құлағы бар еді.** *Түгі жоқ кедей еді.* **Екі құлағынан басқа адал қарасы жоқ.** *Тақыр кедей.* **Екі құлағынан күн көрінді**. *Қатты арыды, жүдеді.* **Екі құлағы тарс бітті.** *Түк естімей қалды, тас керең болып қалды.* **Екі құшақ айқасты.** *Құшақтасты.* **Екі мүшел.** *Жиырма бес жас.* **Екінің бірі**. а) *Кез келген адам, әркім, бәрі.* ә) *Не ол, не бұл; әйтеуір біреуі.* **Екінің бірі біледі [мәлім].** *Бәрі құлағдар, бәріне мәлім.* **Екінің бірі, егіздің сыңары**. *Кез келген адам, әркім, бәрі.* **Екінің бірінде**. *Үнемі, әр кез.* **Екі ойлы болды.** *Әрі-сәрі болды, күдіктенді, күмәнданды.* **Екі оқты болды.** *Екі ойлы болды, дағдарды.* **Екі оқтыланды.** *Не қыларын білмеді, дағдарды.* **Екі оқтылау**. *Әрі-сәрілеу, екі ұштылау.* **Екі он бес.** көне. ***Отыз.*** **Екі орап алды.** *Асып түсті, маңына жуытпады.* **Екі ортаға [араға] сынадай қағылды.** *Килікті, соқтықты, қыстырылды.* **Екі ортада.** а) *Бұл мезетте, екі арада. ә) Ақырында, соңында.* б) *Аралықта, әрі-сәрі.* **Екі оттың арасында [ортасында] қалды.** *Екі жақтың да айтқанына қарсылық білдіре алмады, бір жағына шыға алмады.* **Екі өкпесін [аяғын] қолына алды.** *Асыққан, қуанған кісінің аяғы-аяғына жұқпай жүгіруі, асығуы туралы айтылады.* **Екі өлді.** *Әбден қапаланды, одан әрі азаптанды.* **Екі өркеші баладай.** *Өркештері үлкен, семіз.* **Екі өркешін қом басқан.** бейн. *Май жинап, әбден қомданған семіз түйе туралы айтылады.* **Екі палаталы жүйе.** қоғ. саяси. *Жалпыұлттық өкілетті орган - парламенттің құрылымы.* **Екі рәкат намаз.** діни. *Намаз оқу барысында бірнеше рет қайталанатын қимылдар мен сүрелер жиынтығы.* **Екі сөзге келмеді [келген жоқ].** а) *Бірден, сол бойда келісті, көнді, айтқанын істеді.* ә) *Айшайға келмеді, төбелесе кетті.* **Екі сөзді [сөз] көтермеді.** *Әзіл-қалжыңды түсінбеді, басынан сөз асырмады.* **Екі сөздің бірінде [бірі].** *Үнемі, ұдайы, әр кез.* **Екі сөз жоқ.** *Тұрақты; айтқанына, уәдесіне берік.* **Екі сөйлемеді.** *Айтқан сөзінде тұрды, сертке берік болды.* **Екі танауы едірейді.** *Қуанды, мақтаныш сезімі биледі.* **Екі тарып болды.** жерг. *Екіге жарылды, екі жікке бөлінді.* **Екі туып, бір қалғаны.** *Бірге туған бауыры, жанашыр жақыны.* **Екі туып, бір қалғаны жоқ.** *Туысқан емес, жанашырлық көрсететіндей жақыны емес.* **Екі тізгін, бір шылбыр [айыл].** *Ынтымақты ел-жұрттың ерік-билігін, билік тізгінін ұстау, ел-жұрттың көш басшысы болу мәнінде айтылады.* **Екі ұрты суалды**. а) *Томсырайды, ұнатпады.* ә) *Арыды, жүдеді.* **Екі ұртының бірі қан, бірі май болды**. *Бір қылығы жақсылық, екіншісі жамандық әкелді.* **Екі ұрық.** а) *Дүдамал, екіталай, негайбыл.* ә) *Бірде олай, бірде былай, құбылмалы, өзгермелі.* б) *Шалық, есуас, жынды.* **Екі ұрықтау.** *Есуастау, жындылау, шалықтау.* **Екі үйге бір қазан астырды.** *Шаш ал десе, бас алды, асыра сілтеді.* **Екі шайнап, бір жұтты.** *Бір қаққаннан қалдыр-*

*майды, еш қиындықсыз умаждай салады.* **Екі шоқып, бір қарады.** *Сақтық жасады.* **Екі ішек, он бір перне, бір тиек.** бейн. ***Домбыра.***

**ЕКІАҒАЙЫНДЫ** зат. сөйл. ***Ақпан.***

**ЕКІБАСТАН** үст. **1.** *Ежелден, о бастан, әуелден; бұрыннан, баяғыдан.* **2.** *Онсыз да, ешкімнің көмегінсіз.*

**ЕКІДЕН** үст. *Екі-екіге бөлініп, жұптасып.*

**ЕКІДЕН-ҮШТЕН** үст. *Екеу-үшеу болып бірігіп, топтасып.*

**ЕКІ-ЕКІДЕН** үст. **1.** *Екеу-екеу етіп, қосарлап.* **2.** *Екеу-екеу болып, жұптасып.*

**ЕКІЖАҚТЫ** сын. **1.** *Екі жағынан бірдей, екі жақтан.* **2.** *Өзара, ерсілі-қарсылы.* **3.** ауыс. *Әрі-сәрі, солқылдақ; қайшылықты.*

**Екіжақты бұрыш**. геом. *Бір түзуден шыққан екі жарты жазықтықтан құралған кеңістіктегі фигура немесе осы екі жарты жазықтықпен шектелген кеңістіктің бөлігі; ортақ түзуден шығатын, екі жарты жазықтықтан жасалған кескін; фигура.* **Екіжақты диск.** инф. <ағыл. double-sided disk> *Екі жағына да жазуға болатын диск.* **Екіжақты келісім.** саяси. *Екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім.* **Екіжақты клиринг.** экон. *Қарсы талаптарды өздерінің орталық банктері арқылы өзара есепке алу туралы екі елдің үкіметтері арасында жасасылған келісім.* **Екіжақты қатынастар.** *Екі жаққа ортақ байланыс, алыс-беріс.* **Екіжақты құжат**. *Екеуіне ортақ, жауапкершілігі бір құжат.* **Екіжақты симметрия.** физ. <лат. simmetria> *Дененің бір жазықтықта екі жаққа бөлінген екі бөлімінің өлшемдестігі.* **Екіжақты шарт.** экон. *Екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім; екі жаққа бірдей шарт.*

**ЕКІЖАҚТЫҚ** зат. *Байланыс арнасы бойынша екі бағытта бір мезгілде хабар тарату процесі.*

**ЕКІЖАРЫЛУ** зат. кен. <лат. bifurcus> *Кез келген сапалы жөндеулерде кең мағынада қолданылатын ұғым.*

**ЕКІЖҮЗДІ** сын. **1.** *Екі жағында да жүзі бар.* **2.** ауыс. *Сөзінде тұрақ жоқ, бірде олай, бірде бұлай сөйлейтін; қу, зымиян.*

**ЕКІЖҮЗДІЛЕН=** ет. *Сұрқиялану, сұмпайылану.*

**ЕКІЖҮЗДІЛІК** зат. *Қулық, айлакерлік, сұрқиялық.*

**ЕКІҚАБАТ** сын. *Аяғы ауыр, жүкті (әйел).*

**ЕКІЛ** сын. жерг. *Жігерлі, қайратты.*

**ЕКІЛЕН=** ет. **1.** *Көтерілу; еліру, қызу.* **2.** *Екпіндеу, қарқындау, күшею, үдей түсу.* **3.** *Қайраттану, құлшыну, өршелену.*

**ЕКІЛЕНДІР=** ет. *Қыздыру, шабыттандыру; масаттандыру.*

**ЕКІЛЕНДІРУ** *Екілендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКІЛЕНТ=** ет. *Біреуді елірту, қыздыру.*

**ЕКІЛЕНТУ** *Екілент етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКІЛЕНУ** *Екілен етістігінің қимыл атауы; еліру.*

**ЕКІЛЕП-ҮШТЕП** үст. *Екеу-үшеу болып, екіден-үштен топтасып.*

**ЕКІЛЕС=** ет. *Сөз таластыру, айтысу, дауласу.*

**ЕКІЛЕСУ** *Екілес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКІЛІСІ** сан. ескікіт. *Екеуі.*

**ЕКІЛІК**[1] зат. пед. *Оқушылардың біліміне (тәртібіне) қойылатын ең төменгі баға, балл.*

**ЕКІЛІК**[2] зат. инф. <ағыл. binary> *Екі компоненттен тұратын кез келген жүйеге қатысты.*

**Екілік ағын.** инф. <ағыл. bit stream> *Байланыс желісі бойынша берілетін екілік цифрлардың үзіліссіз тізбегі.* **Екілік арифметика.** инф. *Екілік санау жүйесінде берілген сандар арифметикасы.* **Екілік ауыстырып қосқыш.** инф. <ағыл. bit switch> *Бір екілік разрядтан тұратын және екі қалып-күйі (қосу-ағыту, иә/жоқ) бар логикалық ауыстырып қосқыш.* **Екілік бөлшек.** инф. <ағыл. binary fraction> *2 санының дәрежелері қолданылатын бөлшек.* **Екілік бөліктеу.** инф. <ағыл. binary split> *Кейбір мәселелерді шешу үшін қолданылатын итерациялық әдіс.* **Екілік бұтақ.** инф. <bynary tree> *Әр тармағы екі бұтақтан артпайтын ағаш құрылымының пішіні.* **Екілік жазба.** инф. <ағыл. binary notation> а) *Нөлдер мен бірліктердің тізбегі түріндегі жазба.* ә) *Сандарды екілік санау жүйесінде ұсыну.* **Екілік жүйе.** инф. <ағыл. bynary system> *Екілік белгілер 1 мен 0-ді ғана пайдаланатын, негізгі 2 саны болып келетін позициялық санау жүйесі.* **Екілік санауыш.** инф. <ағыл. binary counter> *Өзінің шығысындағы импульс тізбегін шығыс өткізгіштеріндегі сәйкес сигналдар тізбегіне түрлендіретін тізбек.* **Екілік семафор.** инф. <ағыл. binary semaphore> *Ең жоғарғы мәні 1-ге тең болатын семафор.* **Екілік система.** матем. ***Екілік жүйе.*** **Екілік сұраныс.** инф. <ағыл. binary request> *Іздестіру нышандарының саны екіге тең көп аспектілі сұраныс.* **Екілік таңба.** инф. <ағыл. binary character – екілік цифр> *Жолдағы қате символды дұрыс символға алмастыруға арналған символ.* **Екілік ұсыну.** инф. <ағыл. binary-coded representation> *Ақпаратты екілік кодта ұсыну мәліметтерді компьютер жадына ұсынудың негізгі тәсілі.* **Екілік файл.** инф. <ағыл. binary file> *Компьютерде пайдаланылатын символдардың стандартты жинағымен шектелмеген кодтары бар файл; ASCII-де пайдаланылатын мәндерге кірмейтін сандық мәндерді пайдаланатын екілік кодтардан тұратын мәліметтер файлы.*

**ЕКІЛІК-ОНДЫҚ: екілік-ондық код.** инф. <ағыл. binary-decimal code> *Ондық санау жүйесінде берілген мәліметтердің әрбір цифрын, ондық нүктесін немесе санның таңбасын бірдей мөлшерлі (әдетте, төртке тең) екілік тізбектер арқылы көрсететін шартты таңба.*

**Екілік-ондық түрлендіргіш.** инф. <ағыл. binary-todenary converter> *Кірістік екілік сигналдарды, дисплейде сандық мәндерді ондық пішінде бейнелеуге мүмкіндік беретін электрлік тізбек.* **Екілік-ондық түрлендіру.** инф. <ағыл. binary-to-decimal conversion> *Сандарды санаудың екілік жүйесінен санаудың ондық жүйесіне ауыстыру.*

**ЕКІЛІ-ҮШТІ** сын. сөйл. ***Екі-үш.***

**ЕКІМҮШЕ** зат. матем. *Екі бір мүшенің алгебралық қосындысы.*

**ЕКІМҮШЕЛІК** зат. матем. <лат. bi-екі рет, қос, грек, nome-бөлік> *Екі мүшеден құралған сан.*

**ЕКІМЫҢДЫҚ** зат. *Екі мың теңгелік ақша.*

**ЕКІНДІ** зат. **1.** сөйл. ***Екінті.*** **2.** *Аспан күмбезінің батыс жақ шеті, көкжиекке таяу жері.* **3.** діни. *Бесін мен ақшам арасындағы мезгілде оқылатын намаз; намаздыгер.*

**Екінді намазы.** діни. *Күн батуға тақалып, заттың көлеңкесі өзінен екі есе ұзарған кезде оқылатын мұсылманның бес уақыт парыз намазының бірі.*

**ЕКІНДІК** зат. сөйл. ***Екінді.***

**ЕКІНДІЛІК** зат. сөйл. ***Екінді.***

**ЕКІНЕГІЗДІ** сын. хим. *Металға ауыса алатын екі сутекті қышқыл.*

**ЕКІНТІ** зат. *Бесін мен ақшам арасындағы мезгіл.*

**Екінті еңкейді**. *Күн еңкейіп, қараңғылық түсе бастады.*

**ЕКІНШІ** сан. **1.** *Заттың бірден кейінгі кезекті есебін білдіретін реттік сан.* **2.** *Келесі, бұдан кейінгі, одан соңғы.* **3.** *Қарсы беті, қарама-қарсы жағы.* **4.** ауыс. *Бұдан былай, ендігәрі.* **5.** ауыс. *Бөлек, басқа, бөтен.* **6.** ауыс. *Басқаша, ерекше, жаңаша.*

**Екінші ауыздылар.** биол. <лат. deuterostomia> *Қос жақты симметриялы омыртқасыз жануарлардың бір тобы.* **Екінші әйел алу**. *Бірінші әйелдің үстінен тағы әйел алу, тоқал алу.* **Екінші бір**. *Басқа бір, тағы бір.* **Екінші деңгейдегі банк.** экон. *Мәртебесі төмен (мемлекеттік емес) банк.* **Екінші жағынан**. *Басқаша қарағанда, сонымен бірге.* **Екінші жақ**. лингв. *Заттың екінші бір субъектіге тән екендігін білдіретін жіктік және тәуелдік жалғауларының грамматикалық көрсеткіші.* **Екінші интернационал.** тар. совет. *1889 жылы Парижде Социалистік партиялардың халықаралық бірлестігімен құрылған интернационал.* **Екінші класты аэродром.** әск. *Авиацияның және елдің әуе шабуылына қарсы қорғанысының жойғыш авиациясының авиациялық бөлімін немесе бөлімшелерін орналастыруға арналған аэродром.* **Екінші космостық жылдамдық.** астрон. *Ғарыш аппараты Жердің шеңберінен шығып, Күннің жасанды серігіне айнала алатын минималды жылдамдық (яғни 11,186 км/сек).* **Екінші күн.** сөйл. ***Сейсенбі.*** **Екінші рет.** *Бұдан соң, осыдан кейін.* **Екінші рет зақымдану ошағы.** әск. *Ядролық қарудың және басқа зақымдаушы құралдардың зақымдау факторлары әсерінен пайда болатын ошақ.* **Екінші рет тотығу**. кен. *Сұйық металдың ағызу, құю және кристалдандыру кезіндегі тотығуы.* **Екінші реттік дене қуысы.** <грек. koiloma > *Көп жасушалы жануарлардың (молюскілер, буылтық құрттар, қылтанжақтылар, тікентерілер, жартылай хордалылар, хордалылар) денесі мен ішкі мүшелері аралығындағы қуыс.* **Екінші текті электродтар.** физ. *Әлеуеттері электрод бетінде электрхимиялық тепе-теңдік орнатуға қатысушы анионның белсенділігімен анықталатын электродтар.* **Екінші эшелон.** әск. *Шабуыл барысында соққы күшін істету, қорғаныстың беріктігі мен белсенділігін арттыру, сондай-ақ бірінші эшелондағы шығынға ұшыраған кейбір бөлімшелерді (бөлімдерді) ауыстыруға арналған әскердің ұрыс ретіндегі бір бөлігі.* **Екінші тың**. поэт. *Қой шаруашылығы.* **Екінші тіл.** лингв. *Алғашқы меңгерген тілден кейінгі тіл.*

**ЕКІНШІДЕ** үст. *Бұдан былай, алдағы уақытта, келешекте.*

**ЕКІНШІДЕЙ** үст. сөйл. *Бұдан кейін, осыдан соң; екіншілей.*

**ЕКІНШІДЕН** мод. *Екінші жағынан; сонымен бірге; тағы да.*

**ЕКІНШІЛЕЙ** үст. *Бұдан кейін, осыдан соң; ендігәрі.*

**ЕКІОЙЛЫ: екіойлы болды.** *Дүдәмалданды, іске бел шешіп кірісуге батылы жетпеді, сенімсіздік етті, көңілі тұрақтамады.*

**ЕКІОРТАДА** үст. **1.** *Екі аралықта, екеуінің арасында, ортасында; екі арада.* **2.** *Бұл мезгілде, осы уақытта.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің кесірінен, салдарынан; екі арада.* **4.** ауыс. *Тектен-текке, бостан-босқа.*

**ЕКІРЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Әкіреңдеу.***

**ЕКІОСЬТІ** сын. тех. *Екі осі бар.*

**ЕКІРЕҢДЕУ** *Екіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕКІСӨЗДІ** сын. жағымсыз. *Сөзінде тұрақ жоқ, пәтуасыз, өтірікші.*

**ЕКІТАЛАЙ** үст. **1.** *Бір нәрсенің болар-болмасы, жүзеге асуы белгісіз, күмәнді; негайбіл.* **2.** *Не әрі емес, не бері емес; әрі-сәрі, дел-сал.* **3.** ауыс. *Қиыншылығы көп, аумалы-төкпелі.*

**Екіталай жер болды.** *Қиын-қыстау, қысылтаяң шақ келді.* **Екіталай жерде.** *Қиын-қыстау кезде, ауыр шақта болса.* **Екіталай заман [кезең].** *Басқа ауыршылық түскен шақ.* **Екіталай күн туды.** *Аумалы-төкпелі заман туды, қиыншылық келді.* **Екіталай іс болды.** *Қиыншылық басқа түсті.*

**ЕКІТАЛАЙЛЫҚ** зат. *Негайбілдік, белгісіздік, күмәнділік.*

**ЕКІТҮГЕЙ** сын. *Міністі, сауырлы.*

**ЕКІТІЛДІ: екітілді сөздік.** лингв. *Бір тілдің сөздерін екінші тілге аудару мақсатында жасалған сөздік; аударма сөздік.*

**ЕКІҰДАЙ** сын. **1.** *Екі дай, екі жік.* **2.** *Әрі-сәрі, дүдамал; екіұшты.*

**ЕКІҰШТЫ** сын. **1.** *Дүдамал, күңгірт, күмәнді.* **2.** *Қайшылықты, солқылдақ, қарама-қарсы.*

**Екіұшты болу.** *Күмәндану, сенбеу.* **Екіұшты жауап берді.** *Жауабы түсініксіз болды, басын ашып жауап бермеді.* **Екіұшты сөз.** *Түсініксіз, тайғақ, солқылдақ сөз.* **Екіұшты сөйледі.** *Басын ашып айтпады.*

**ЕКІҰШТЫЛАУ** сын. *Күңгірттеу, дүдамалдау.*

**Екіұштылау болды.** *Күмәнданды, сенбеді.*

**ЕКІҰШТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Анық еместік, күңгірттік, дүдәмалдық.* **2.** *Белгілі бір жағдаятта екі түрлі түсінуге болатын сөз, сөйленіс.*

**ЕКІ-ҮШ** сын. *Екі не үш шамалас болжалды сан.*

**ЕКІ-ҮШЕУ** сан. *Екі не үш шамалас (мөлшеріндегі) жинақтық сан.*

**ЕКІ-ҮШТЕН** үст. *Екіден, үштен.*

**ЕЛ** зат. **1.** *Халық, жұрт, қауым.* **2.** *Басқа адамдар, көпшілік.* **3.** *Өскен орта, туған жер; ауыл-аймақ, ел-жұрт.* **4.** *Шыққан тегі, негізі; руы.* **5.** *Отан, мемлекет.* **6.** ауыс. *Дос-жар, жақтас, үрандас.*

**Ел адамы**. *Халық, жұрт, көптің бірі.* **Ел ағартты**. *Халықты, көпшілікті сауаттандырды, оқытты.* **Ел ағасы**. *Елдің, ауылдың басшысы, ақылшысы, үлкені.* **Ел ақтады.** *Ауыл-ауылды аралады, ел кезді, қайыр сұрады.* **Ел алды**. *Көпшілікті, халықты өзіне қаратты, бағындырды.* **Ел алдында**. *Көпшіліктің ортасында, көптің алдында.* **Ел аман, жұрт тынышта.** *Жайшылықта, тыныштықта, бейбіт кезде.* **Ел анасы.** *Елдің, ауылдың үлкені, ақылшысы.* **Ел аралады**. *Ел ішін кезді, адамдармен жүздесті.* **Ел арасы.** *Ел-жұрт іші, көпшілік арасы.* **Елі аралас, қойы қоралас**. *Көрші қонып, тату-тәтті тұратын.* **Ел аузына қақпақ [елек] болды.** *Көпшіліктің сөзіне тыйым салды деген мағынада.* **Ел аузынан**. *Жұрттан, халықтан; әркімнен.* **Ел аузына ілікті [ілінді]**. *Жақсы атаққа ие болды, даңқы шықты, атағы жайылды.* **Ел аузында.** *Жақсы аты жайылған, мақтаулы.* **Ел аузындағы.** *Жұрттың, елдің жады, есіндегі.* **Ел аузында жүретін [жүрген]**. *Көпке таныс, белгілі, әйгілі.* **Ел аулаққа.** *Көзден таса, оңаша жерге.* **Ел аяғы басылды**. *Жүріс-тұрыс тоқталды, тынышталды.* **Ел әдебиеті.** әдеб. *Ауыз әдебиеті.* **Ел бағу**. *Көпшілікке бас болу, басшылық ету.* **Ел бағына туды**. *Еліне, халқына қалаулы азамат болды, елдің қамын ойлады.* **Ел бақты**. *Елді асырады, халқының қамын ойлады.* **Ел бастады**. *Халыққа жолбасшылық жасады.* **Ел басқарды**. *Халыққа басшылық, билік етті, басқару орнында болды.* **Ел басқару.** *Халыққа басшылық ету, билік жүргізу.* **Ел басы.** *Ел басқарушы, халыққа басшылық етуші (адам).* **Ел басына күн туды [іс, ауыртпалық түсті].** *Халық ауыр жағдайға душар болды, қиын-қыстау кезге ұшырады.* **Ел белгісі**. *Елдің, әдет-ғұрпы, дағдысы.* **Ел бетіне қарай алмады**. *Қатты ұялды, жер болды.* **Ел бетін көрмеді.** *Елге оралмады.* **Ел бетін көрмейтін [көрместей] қылды.** *Ұятқа қалдырды, қара бет қылды.* **Ел биледі**. *Халыққа билік жүргізді, ел басқарды.* **Ел билеу.** *Мемлекет басқару, халыққа басшы болу.* **Ел билеуші**. *Ел басқарушы, жұртқа билік жүргізуші.* **Ел болды.** а) *Халық болып бірікті, басын құрады.* ә) *Тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді.* **Ел болудан қалды**. *Береке-бірлік кетті, бет-бетімен кетті.* **Ел болып [боп].** *Бүкіл халық бірігіп, бірлесіп.* **Ел бұзатын [бұзарлық] іс.** *Ел арасына іріткі салатын іс-әрекет, ерсі қылық.* **Ел бұзғыш [бүлдіргіш].** *Ел ішіне іріткі салғыш.* **Ел бұзу**. *Елдің арасына іріткі салу, араздастыру.* **Ел бүлдіргіш**. *Ел арасын бұзғыш, бүлік салғыш.* **Ел бүлінді.** *Елден береке-бірлік кетті.* **Ел біткен**. *Бүкіл жұрт, барша халық.* **Ел бітті.** *Жағалай ел қонды.* **Ел біріншілігі.** спорт. *Елді түгел қамтитын спорт жарысы.* **Ел газеті**. бейн. *Бүкіл елге таралатын газет, басты ресми баспа органы.* **Елге аян [белгілі].** *Көпшілікке белгілі, танымал.* **Елге бақты.** *Ел-жұртқа қарады, қамқор болды.* **Елге бас ие болды**. *Басшы, ақылшы болды.* **Елге бүлік салды**. *Елдің тынышын алды, берекесін кетірді.* **Елге еңбегі сіңген.** *Ел-жұрты үшін көп жұмыс істеген, пайда келтірген.* **Елге жайды**. *Көпшілік арасына қауесет таратты.* **Елге жанасты**. *Елге жақындады, бірге болды.* **Елге жел беруші**. *Елді айдап салушы, үгіттеуші.* **Елге қарар беті жоқ.** *Ұятқа қалды, масқара болды.* **Елге санат салды.** *Елге салық салды, міндеттеді.* **Елге сыймады.** *Қайда жүрсе де, сүйкімі болмады.* **Елге танылды**. *Көпшілікке белгілі болды, ел-жұрт білді.* **Елге түсті.** *Ел арасында болды, аялдады.* **Елге шықты**. *Ел аралады, адамдардың арасында болды.* **Ел ғұрпы.** *Елдің, халықтың салты, әдет-ғұрпы.* **Ел дамуы**. *Елдің, мемлекеттің өркендеуі, әл-ауқатының артуы, өсуі.* **Елде жүрген.** *Ел арасындағы, ел аузындағы.* **Елден шыққан.** *Елден безген, бұзақы.* **Елден асқан.** *Жұрттан озған, бәрінен алға кеткен.* **Елден безген.** *Туған-туыстан, өз ортасынан қашқақтаған (адам).* **Елден елге жүрді [елден елді аралады].** *Жағалай қыдырды; ауыл-аймақты аралады.* **Елден ерек [ерекше].** *Ерекше, айрықша.* **Елден шықты.** а) *Ел ішінен ұзап кетті, жол жүрді, сапар шекті.* ә) *Ел ішінен, халық арасынан табылды.* б) *Адам болудан кетті, бұзылды.* **Елді алып есіру.** *Жұртты аузына қаратып, бәрін тындырып келгендей болып қораздану.* **Елді аузына қаратты.** а) *Көпшіліктің, назарын аударды, шешен сөйледі.* ә) *Айтқанын істетті, еркіне көндірді; билеп-төстеді.* **Елді құртқан.** *Қу, сұм, сұмырай.* **Елдің ағаруы**. *Сауаттану, сауатын ашу.* **Елдің алды болды**. *Бәрінен озды, алдына жан салмады.* **Елдің алдына түсті.** *Алға шықты, озды.* **Елдің атын ерттеп өтті.** *Кішпейіл, елгезек болып, көпке қызмет етті.* **Елдің бетін қалай көремін.** *Елге қарайтын бет жоқ, ұят, масқара болды деген мәндегі сөзқолданыс.* **Елдің есінде қалу.** *Елдің жадында қалу, елі ұмытылмау.* **Елдің жоқтаушысы.** *Халқының, елінің мүддесін ойлаушы.* **Елдің жүгі.** *Парыз, міндет.* **Елдің құты**. *Елдің берекесі, бақыты, ырысы.* **Елдің мінезі.** *Елдің әдет-ғұрпы, дағдысы.* **Елдің салты**. *Елдің әдет-ғұрып дәстүрі.* **Елдің тұтқасын ұстады.** *Ел биледі, жұртқа басшылық етті.* **Елдің шаңына ере алмады.** *Қалыс қалды, ел қатарында бола алмады.* **Елдің шеті.** *Туған жер, атамекеннің шет-пұшпағы.* **Елдің іргесі бұзылды**. *Бірлік кетті, құрыды, жойылды.* **Ел емес.** *Дұшпан, қас.* **Ел еңсесі көтерілді.** *Ел-жұрт есін жиды, қалпына келді, тұрмыс-тіршілігін түзеді.* **Ел еркесі.** *Еліне жағымды, көпшілік жақтаған адам.* **Ел есінде**. *Халықтың жадында.* **Ел етті [қылды, жасады].** *Халықтың басын біріктірді, ұйымдастырды, жинады.* **Ел жақтаған.** *Ел соңына ерген, елге сыйлы (адам).* **Ел жапсары.** *Ауыл-аймақ жайы, әңгімесі.* **Ел жата**. *Түн іші, ұйықтайтын кез.* **Ел жатты.** *Ел ұйқыға кетті.* **Ел жебеді.** *Көпшілік тілеуін тіледі, қолдады.* **Ел жиды.** *Өзіне жақтас, сөзін сөйлейтін жұртты топтастырды.* **Ел жылатты.** *Елге ауыртпалық түсірді, сорын қайнатты.* **Ел именді.** *Жұрт тайсалды, қарсы келуге қаймықты, жасқанды; бетіне айтуға ұялды, қымсынды.* **Ел кегі жауға кетпес**. *Елін, жерін жауға бермейді, қорлатпайды, есесін қайтарады деген мағынада.* **Ел кезді.** *Ел аралады, ауыл-ауылды шарлады; ел ақтады.* **Ел керегін жоқтады.** *Халқына қызмет етті, қамын ойлады.* **Ел көзі.** *Көптің, ортаның ой-пікірі.* **Ел көзінен аулақтады**. *Көпке көрінбей оңашаланды.* **Ел көзіне түсті**. *Көпшілікке танылды.* **Ел көрді.** *Ел аралап, өзге елдің, жұрттың тұрмысымен таныс болды.* **Ел көшті.** *Ауыл қоныс аударды, ескі орыннан көтерілді.* **Ел көшті [қашты], жау жетті.** *Жан алқымға алды, қысты, тықсырды; асықтырды.* **Ел кубогы**. спорт. *Елдің жарыс жеңімпазына арналған жүлдесі.* **Ел кісісі**. *Елдің сыйлы, ақылшы, тәжірибелі адамы.* **Ел қақсатты.** *Көпшілікті зарлатты, азапқа салды.* **Ел қамдады.** *Топ құрды, топтанды.* **Ел қамқоры.** *Халықтың қорғаушысы, жанашыры.* **Ел қамын жеді [ойлады].** *Халықтың жағдайын ойлады.* **Ел қамын ойлау.** *Халықтың жоғын жоқтау, ел мүддесін ойлау.* **Ел қарасын көрді**. *Еліне оралды, туған жеріне қайта келді.* **Ел қарату**. *Елге өзінің сөзін сөйлету, жақтас ету.* **Ел қатарлы**. *Өзге жұрт сияқты; біреуден ілгері, біреуден кейін.* **Ел қатарына [санатына] қосылды [кірді]**. *Жұрт қатарлы тіршілік етті, адам болды; жұртпен теңесті.* **Ел қондырды**. *Белгілі бір жерге, аймаққа халықты қоныстандырды.* **Ел қорғады.** *Ел-жұртын жау қолына бермеді, қарсы тұрды.* **Ел қорғау.** *Ел-жұртың жау қолына бермей, қарсы тұру.* **Ел қорғаны**. *Ел-жұртты қорғайтын қамқоршы, ер-азамат.* **Ел құлағы елу.** *Ел арасында, көпшілік болған жерде құпия сақталмайды; бірі болмаса бірі естиді деген мағынада.* **Ел құлағын түрді [тосты].** *Елең ете қалды; тосын хабарға құлақ бұрды.* **Ел қыдырды.** *Ауыл аралады; бір үйден шығып, бір үйге кірді.* **Ел қылды.** *Басын біріктірді, мемлекет етті.* **Ел мен жер**. *Отан, ел-жұрт, туған жер.* **Ел намысы.** *Елдің абыройы, халық мүддесі.* **Ел орынға отыра**. *Кеш түсе, ымырт жабыла, ед аяғы басыла.* **Ел рухы.** *Бір елдің болмыс-бітімін көрсететін патриоттық сезім, рухани өзек.* **Ел санады.** *Қатарға қосты, тең санады.* **Ел сандалды**. *Халық әбігерге түсті, тыныштық көрмеді.* **Ел сөзі**. *Халықтың, көпшіліктің пікірі, мүддесі.* **Ел сөзін сөйлеуші**. *Елді жақтаушы, елге жанашыр адам.*

**Ел сұрады.** к ө н е. *Ел биледі, билік жүргізді.* **Ел сыйлаған.** *Ортасына қадірлі.* **Ел сынағыш.** *Өзгелер туралы пікір айтқыш.* **Ел сілкінді.** *Жұрт түңілді, безді.* **Ел табаны ауды.** *Ауыл көшті, іргесін көтерді.* **Ел [жұрт] тану.** *Дүниетаным, көзқарас.* **Ел таныды.** *Халықпен араласып, жақсы-жаманды көрді, танып білді.* **Ел таразысын аңдамады.** *Келеге түсеміз, талқыға түсіп, сөзге ілінеміз деп ойламады.* **Ел тарту [тартушылық].** *Көпшілікті өз жағына шығару.* **Ел тартысты.** *Халық талас-тартысқа түсті, өзара келіспеді.* **Ел тұтқасы.** *Елді ұйымдастыра білетін, елге бас болатын (адам); ел ұйытқысы.* **Ел тұтқасын ұстады.** *Елге басшылық етті, жол көрсетті, береке-бірлігін сақтады.* **Ел түбіне жетті.** *Елді аздырып-тоздырды, құртты.* **Ел [іші] тыныш [болды].** *Ел іші берекелі, тату болды.* **Ел ұйытқысы болды.** *Халықтың бірлігін, тұтастығын сақтады.* **Ел ұйытқысын бұзды.** *Ел ішіне іріткі салды, бүлдірді.* **Ел ұйытқысы шайқалды.** *Ел ішінің ынтымағы кетті, тыныштығы бұзылды.* **Ел ұлы.** *Халықтан шыққан азамат, елінің алдында еңбегі зор, беделді тұлға.* **Ел ұстады.** *Жұртқа басшылық жасады, билік етті.* **Ел үстінде.** *Халықтың мойнында, елдің есебінде.* **Ел үстінде жүрді.** *Ел басқаруға араласты, басшылық қызметте болды.* **Ел үстінен күн көру.** *Жұртты қанап тіршілік ету, есебінен өмір сүру.* **Ел үшін еткен еңбек.** *Ел мүддесі үшін сіңірген, істелген жұмыс.* **Ел үшін туған [өмір сүрген].** *Елінің қорғаны, қамқоршысы.* **Ел шапты.** *Басқа бір елді жаулап алды, тонады.* **Ел шетіне өрт салды.** *Ел ішіне іріткі салды, бүлік шығарды, араздастырды.* **Ел ырысы.** *Көпшіліктің несібесі, байлығы.* **Елі азғанның жері азған.** *Береке-бірлігі жоқ жұрттың дәулеті де жоқ деген мағынада.* **Елі алақанға қондырған.** б е й н. *Елдің маңдайына біткен асыл, біртуар (тұлғалары туралы).* **Елім дейтін.** *Елге жан ашитын, ел мүддесіне қызмет ететін (адам).* **Елім деп еңіреді.** *Елі үшін жан аямады, барын салды.* **Елін [Отанын] сатпады.** *Елін жауға қолдан бермеді, елінің тыныштығы үшін жанын қиюға барды; елінің жауына жағынбады.* **Елін тиынға саудалады.** *Отанына опасыздық жасады, елін біркүндік қамына айырбастап жіберді, сатқындыққа барды.* **Елінің жоғын жоқтап, мұңын жырлады.** *Халық қамын жеді.* **Ел іргесі бекіді.** *Елдің жағдайы түзелді, өзіневзі келді, шекарасы мықты болды.* **Ел іргесін сақтады.** *Халықтың бірлігін, тыныштығын ойлады.* **Ел іргесі нығайды.** *Мемлекет күшейді, халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарды.* **Ел іргесі сөгілу.** *Елден бірлік кету, тұтастығы жойылу, ел болудан қалу.* **Ел іші.** *Ел ортасы, халық арасы.* **Ел экономикасы.** э к о н. *Мемлекеттің шаруашылығы, өндірісі, қаражат-қаржысы.*

**ЕЛАМАНСҮЙЕК** з а т. б а л ы қ ш а р. *Балықтың саға тұсында болатын екі жағы ұшкір, ортасы жалпақ, 2-3 елідей сүйек.*

**ЕЛ-АНА** з а т. б е й н. *Туған ел, өскен жер.*

**ЕЛАРАЛЫҚ** с ы н. *Екі не көп елге қатысты, бірнеше елге тән.*

**Еларалық байланыс.** *Екі ел арасындағы алыс-беріс, қарым-қатынас.* **Еларалық бірлестіктер нарығы** э к о н. *Экономикалық айырбастың ерекше формалары мен шарттары, терең еңбек бөлінісі арқылы байланысқа, бірнеше мемлекеттердің қатысуымен құрылған нарық.*

**ЕЛАТ** з а т. е с к і к і т. *Ел-жұрт.*

**ЕЛАУАДАН** ү с т. ж е р г. *Баяғыдан, атам заманнан.*

**ЕЛБАСЫ** з а т. ж а ң а. <лат. praesidens> *Мемлекет басшысы, президент.*

**ЕЛБЕГЕЙ** ү с т. ж е р г. *Тез, жылдам, шапшаң; жеңіл.*

**ЕЛБЕГІ** з а т. к ө н е. *Түркі тілдес халықтар арасындағы жергілікті әкімнің лауазымы.*

**ЕЛБЕ-ДЕЛБЕ: елбе-делбе болды.** *Алқам-салқам жүрді, қалай болса солай болды.*

**ЕЛБЕ-ЖЕЛБЕ** ү с т. ***Елбе-делбе.***

**ЕЛБЕК** е л і к. *Жалпылдаған, елбектеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елбек қақты.** а) *Жалп-жұлп етті, бұлғақ қақты, елбектеді.* ә) *Тез-тез қимылдады, дедек қақты, ұшып-қонды.*

**ЕЛБЕК-ЕЛБЕК** е л і к. *Жалп-жұлп етіп, қайта-қайта елбек қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЕЛБЕКТЕ=** е т. **1.** *Елбең-елбең ету, елбек қағу.* **2.** *Қол-аяғын ербеңдету, тырбыңдау; талпыну.* **3.** *Қаңғалақ қағу, ұшып-қону, жан ұшыру.* **4.** а у ы с. *Жаны қалмау, бәйек болу, қалбалақтау.*

**ЕЛБЕКТЕУ** *Елбекте етістігінің қимыл атауы, бәйек болу, қалбалақтау.*

**ЕЛБЕЛЕК** с ы н. *Ұшып-қонған, тұрақсыз.*

**ЕЛБЕЛЕКТЕ=** е т. **1.** *Аяқ-қолын ербеңдету, тырбыну; қалтаң-құлтаң ету.* **2.** *Жалп-жалп ету, елбек қағу.* **3.** *Қаңғалақ қағу, ұшып-қону; қалбалақтау.* **4.** а у ы с. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.* **5.** а у ы с. *Сасып-абдырау, не істерін білмеу.*

**ЕЛБЕЛЕКТЕУ** *Елбелекте етістігінің қимыл атауы; қалбалақтау.*

**ЕЛБЕЛЕҢ** е л і к. *Елбең-елбең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елбелең қақты.** с ө й л. ***Елбек қақты.***

**ЕЛБЕЛЕҢДЕ=** е т. с ө й л. ***Елбелекте.***

**ЕЛБЕЛЕҢДЕС=** е т. *Елбелектеу, елбең-елбең етісу.*

**ЕЛБЕЛЕҢДЕУ** *Елбелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБЕҢ** е л і к. *Ербеңдеген, желп-желп еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елбең етті.** *Селтең қақты, ербеңдеді.* **Елбең қақты.** а) *Жел екпінімен теңселді, шайқалды, ырғалды; елбеңдеді.* ә) *Бәйек қақты, құрақ ұшты, жаны қалмады.*

**ЕЛБЕҢДЕ=** е т. **1.** *Ырғалу, теңселу; желп-желп ету.* **2.** *Көлбеңдеу, қараң-құраң ету.* **3.** *Селтең-селтең ету, ербеңдеу.* **4.** *Қаңғалақ қағу, ұшқалақтану, жеңілтектену.* **5.** а у ы с. *Жаны қалмау, қалбалақтау, бәйек болу.*

**ЕЛБЕҢДЕТ=** е т. *Елбең-елбең еткізу, жалпылдату.*

**ЕЛБЕҢДЕТУ** *Елбеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБЕҢДЕУ** *Елбеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБЕҢДІК** з а т. *Елбең-елбең етушілік, елбең қағушылық.*

**ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ** е л і к. *Елбеңдеп, қаңғалақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елбең-елбең етті.** а) *Ербеңдеді, селтеңдеді, қараң-құраң етіп көрінді.* ә) *Жаны қалмады, бәйек болды, құрақ ұшты.*

**ЕЛБЕҢ-ЖЕЛБЕҢ** е л і к. *Елбеңдеп, желпілдеген күрделі қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЕЛБЕ-СЕЛБЕ** с ы н. *Елбе-делбе, алқам-салқам.*

**ЕЛБЕСІП-СЕЛБЕСІП** ү с т. *Бір-біріне көмектесіп, қол ұшын беріп.*

**ЕЛБЕТ** з а т. ж е р г. *Бет пішін, әлпет.*

**ЕЛБҰЗАР** с ы н. *Ел ішіне іріткі салып жүретін.*

**ЕЛБІРЕ=** е т. **1.** *Жан-тәнімен берілу, ет-бауыры езілу, елжіреу.* **2.** *Жаны қалмау, елпектеу.* **3.** *Қалт-құлт ету, елбеңдеу; дірілдеу.*

**ЕЛБІРЕКТЕ=** е т. с ө й л. ***Елбіре.***

**ЕЛБІРЕКТЕУ** *Елбіректе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБІРЕҢКІРЕ=** е т. *Сәл ғана елбіреу, елпектеу.*

**ЕЛБІРЕҢКІРЕУ** *Елбіреңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБІРЕС=** е т. *Бір-біріне жан тәнімен берілу, жаны қалмау.*

**ЕЛБІРЕСУ** *Елбірес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБІРЕТ=** е т. *Елжірету, ет-бауырын езілту.*

**ЕЛБІРЕТУ** *Елбірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛБІРЕУ** *Елбіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛГЕЗЕК** с ы н. **1.** *Тілалғыш, екі айтқызбайтын, жұмыс десе жанып тұрған.* **2.** *Пысық, ширақ, тындырымды.* **3.** а у ы с. *Жеңіл, жеңілтек.* **4.** а у ы с. *Сергек, сезімтал.*

**ЕЛГЕЗЕКТЕН=** е т. **1.** *Елпең қағу, лыпылдау; жеңілтектену.* **2.** *Сергу, жеңілдену.*

**ЕЛГЕЗЕКТЕНУ** *Елгезектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛГЕЗЕКТЕУ** с ы н. *Тілалғыштау, пысықтау, ширақтау.*

**ЕЛГЕЗЕКТІК** з а т. **1.** *Тілалғыштық, екі айтқызбай істеушілік.* **2.** *Тындырымдылық, іскерлік, пысықтық.* **3.** *Шапшаңдық, ылдым-жылдымдық.*

**ЕЛГЕЗЕР**[1] з а т. *Үгінді, ұн, жарма т.с.с. елеу үшін қолданылатын ұсақ торкөз құрал.*

**Елгезерден өткізді.** с ө й л. ***Електен өткізді.***

**ЕЛГЕЗЕР**[2] з а т. э т н. *Үлкен үйден отауларға шоқ таситын жабық ыдыс.*

**ЕЛГЕЙ** з а т. к ө н е. э т н. *Ежелгі дәуірдегі күміс ақша; теңге, жамбы.*

**ЕЛДЕ-КҮНДЕ** ү с т. *Елде, жұртта, халық әдетінде.*

**ЕЛДЕН-ЕЛГЕ** ү с т. *Бір жерден екінші жерге, ауылдан ауылға, көпшілікке.*

**ЕЛДЕС** с ы н. *Елі бір, бір елден. // Бір елден шыққан адам.*

**ЕЛДЕС=** е т. *Татуласу, табысу, жарасу, жақтасу.*

**ЕЛДЕСТІК** з а т. *Бүкіл ел-жұрт болып бас қосушылық, бірігіп тірлік етушілік.*

**ЕЛДЕСТІР=** е т. *Араздықты қойғызу, татуластыру.*

**Елдестірмек елшіден.** *Ел мен елді табыстыратын, татуластыратын елшінің міндеті деген мағынадағы сөз.*

**ЕЛДЕСТІРУ** *Елдестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛДЕСУ** *Елдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛДЕТ=** е т. *Ел аралау.*

**ЕЛДІ** с ы н. *Ел бар, халық орналасқан жер.*

**Елді мекен [қоныс].** *Халықтың тұрғын үйлер салынған жерге шоғырлануы; ауыл, қыстақ.* **Елді мекен шоғыры.** г е о г р. *Мәдени және тұрмыстық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты елді мекендердің (әсіресе қалалардың) шағын аумаққа топтануы, шоғырлануы.* **Елді пункт.** *Елді мекен, ауыл.*

**ЕЛДІ-ЕЛІНЕ** ү с т. *Әркім әр жаққа, өз елдеріне.*

**ЕЛДІК** с ы н. **1.** *Елге тән; халықтық, бұқаралық.* **2.** *Татулық, бірлік, ынтымақтық.*

**Елдігі кетті [ыдырап кетті].** *Елдіктен айырылды, ел болудан қалды.* **Елдігін сақтады**. *Бірлігін бұзбады, тату-тәтті тұрды.* **Елдік намыс. Елдігін істеді [жасады].** а) *Шапағатты пейіл білдірді, қайырымдылық көрсетті.* ә) *Көп болып көмектесті, жәрдем етті. Жеке бастан артық тұратын бүкіл бір халықтың, ұлттың ар-ождан үні, ар-абыройы.* **Елдік салты.** *Елдің әдет-ғұрпы, дәстүрі.* **Елдіктен кетті**. *Араздасты, жауласты.*

**ЕЛДІ-КҮНДІ** сын. *Ел бар, жұрт бар.*

**ЕЛЕ[1]=** ет. *Ұн, талқан, құм сияқты майда заттарды електен өткізу.*

**ЕЛЕ[2]=** ет. **1.** *Ескеру, құнттау, көңіл бөлу.* **2.** *Байқау, аңғару, мән беру.* **3.** ауыс. *Құрметтеу, сыйлау, ілтипат көрсету.* **4.** ауыс. *Ұмытпау, естен шығармау.*

**Елемей кетті.** *Менсінбей кетті, назар аудармады.*

**ЕЛЕГЕНСУ** *Елегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕГЕНСІ=** ет. *Көңіл бөлгенсу, ескергенсу.*

**ЕЛЕГІЗ=** ет. **1.** *Жалғызсырап қорқу, жан-жағына қарау, құлақ тұру.* **2.** *Бір нәрсеге алаң болу, көңілі бөліну.* **3.** *Жалғызсырау, іші пысу, құлазу.* **4.** *Үрейлену, шошу; қауіптену.* **5.** ауыс. *Елеңдеу, аңсау, сағыну.*

**ЕЛЕГІЗГІШ** сын. *Елеңдегіш.*

**ЕЛЕГІЗДІР=** ет. *Қорқыту, үркіту.*

**ЕЛЕГІЗДІРУ** *Елегіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕГІЗУ** *Елегіз етістігінің қимыл атауы; алаңдау, көңілі бөліну.*

**ЕЛЕГІЗУШІЛІК** зат. *Алаң болушылық, елеңдеушілік.*

**ЕЛЕГІЗІҢКІРЕ=** ет. *Сәл елегізу; елеңдеңкіреу, алаңдаңқырау.*

**ЕЛЕГІЗІҢКІРЕУ** *Елегізіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕГІЗІТ=** ет. *Алаңдату, елеңдету.*

**ЕЛЕГІЗІТУ** *Елегізіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕГІШ[1]** зат. сөйл. ***Елеуіш.***

**Елегіш бет.** *Қолданылатын електердің торы.*

**ЕЛЕГІШ[2]** сын. *Ескергіш, көңіл бөлгіш; байқағыш, аңғарғыш.*

**ЕЛЕК[1]** зат. **1.** *Ұн елейтін елеуіш; елгезер.* **2.** техн. *Астық тазалайтын, кен рудасын іріктейтін арнаулы құрал (мәшине).* **3.** ауыс. *Сұрыптау, іріктеу ісі; талғаушылық.*

**Елекке құйған сумен тең.** *Зая кеткен, нәтижесіз еңбек.* **Елекке [ой елегіне, сын елегіне] салды.** *Ой елегінен өткізді, сын көзімен қарады.* **Електен [ой, ақыл, ақыл-ой, сын елегінен] өткізді.** *Іріктеді, сұрыптады, талғады; ақылға салды, жан-жақты ойланды.* **Електен өткізу.** *Таңдау, іріктеу.*

**ЕЛЕК[2]** зат. жерг. *Бидайдың қауызы.*

**ЕЛЕК[3]** зат. көне. астр. *Зодиак шоқжұлдызы.*

**ЕЛЕК-ҚАЛАҚ** үст. сөйл. жерг. ***Елең-алаң.***

**ЕЛЕКТЕ[1]=** ет. сөйл. **1.** ***Елеу.*** **2.** ауыс. *Таразыға салу, өлшеп-пішу.*

**ЕЛЕКТЕ[2]=** ет. жерг. **1.** *Бағу, күзету.* **2.** ауыс. *Елпілдеу, қалбалақтау.*

**ЕЛЕКТЕН=** ет. *Майдалану, ұсақталу.*

**ЕЛЕКТЕУ** *Електе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕКТІ** сын. *Елеуіші бар; елегі бар.*

**ЕЛЕКТІК** сын. спорт. *Белгілі бір спорт саласы бойынша додадан додаға өтердегі іріктеу кезеңіне қатысты.*

**ЕЛЕКШЕ** үст. *Елекке ұқсап, елек сияқты.*

**ЕЛЕКШӨП** зат. өс. <лат. juncus> *Ылғалды, шөл-шөлейтті, сортаңды жерлерде өсетін, биіктігі 0,8-100 см-дей көпжылдық дәражапырақты шөптесін өсімдік.*

**ЕЛЕКШІ** зат. *Елек елеуші; астық тазартушы.*

**ЕЛ-ЕЛ** зат. *Көп ауыл, жұрт.*

**ЕЛЕН[1]=** ет. *Елеуіштен өтілу, тазартылу.*

**ЕЛЕН[2]=** ет. *Бағалану, көріну, мән берілу.*

**ЕЛЕНДІ** зат. *Аралас затты елегенде електен өтетін өнім.*

**ЕЛЕНУ[1]** *Елен[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕНУ[2]** *Елен[2] етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕҢ[1]** елік. *Елеңде дегендегі қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елең алды.** а) *Елеңдеді, секем алды, қорықты, үрейленді.* ә) *Желпінді, желікті.* **Елең болды.** *Құлақ түрді, сақтанды.* **Елең еткізді.** *Таңғалдырды, есте қаларлықтай болды.* **Елең етті.** а) *Жалт қарады, мойын бұрды; елеңдеді.* ә) *Құлақ түрді; көңіл бөлді, ықылас қойды.* б) *Мән берді, еледі, ескерді.* **Елең [құрлы] көрмеді**. *Елемеді, ескермеді, ойына да алмады.* **Елең қақты**. *Елеңдеді, алақтап қарады, сабырсызданды.* **Елең қылмады**. *Мән бермеді, ескермеді, елемеді.* **Елең тұғызды.** *Елеңдетті, алаңдатты,.*

**ЕЛЕҢ[2]** зат. зоол. *Дене тұрқы 20 см, салмағы 200 г-ға жуық, тұқы тұқымдас балық.*

**ЕЛЕҢ-АЛАҢ** үст. **1.** *Таң алды, құлқын сәрі; алагеуім мезгіл.* **2.** *Көмескі, күңгірт; көрінер-көрінбес кез.*

**ЕЛЕҢ-АЛАҢДА** үст. *Таң атып келе жатқан шақта, таң сәріде, алагөбеде.*

**ЕЛЕҢ-АЛАҢМЕН** үст. **1.** *Ертемен, таң алдында.* **2.** ауыс. *Алғашқы кезде, бастапқыда.*

**ЕЛЕҢДЕ=** ет. **1.** *Алаңдап, жан-жағына қарау, айналасына көз тастау.* **2.** *Елең ете қалу, құлақ тұру.* **3.** *Бір нәрсеге алаңдау, көңілі бөліну.* **4.** *Елестеу.* **5.** ауыс. *Білгісі келу, құмарту, ынтығу.* **6.** ауыс. *Қорқу, үрейлену, сескену, секем алу.* **7.** ауыс. *Едіреңдеу, еліру.*

**Елеңдей күтті.** *Алаңдап тосты, қарайлады.*

**ЕЛЕҢДЕГІШ** сын. **1.** *Елең-елең етіп, жан-жағына қарағыш; үріккіш, секем алғыш.* **2.** ауыс. *Жаңалыққа жаны құмар, әр нәрсеге құлақ түргіш.*

**ЕЛЕҢДЕҢКІРЕ=** ет. *Елеңдей түсу, алаңдаңқырау.*

**ЕЛЕҢДЕҢКІРЕУ** *Елеңдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕҢДЕС=** ет. *Алаңдасу, жан-жағына қарасу, елең-елең етісу, қарағыштау.*

**ЕЛЕҢДЕТ[1]=** ет. **1.** *Алаңдату, тықыршыту.* **2.** *Беймаза күйге түсіру.*

**ЕЛЕҢДЕТ[2]=** ет. *Көлбеңдету, ербеңдету.*

**ЕЛЕҢДЕТУ** *Елеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕҢДЕУ** *Елеңде етістігінің қимыл атауы. Алаңдау.*

**ЕЛЕҢДЕУШІ** зат. *Елеңдейтін адам; құлақ түруші, алаңдаушы.*

**ЕЛЕҢ-ЕЛЕҢ** елік. *Жалтақ-жұлтақ, алақ-жұлақ етіп қараған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Елең-елең етті.** *Елеңдеді; секемденді.*

**ЕЛЕҢКІРЕ=** ет. *Ерекше мән беру, елеу.*

**ЕЛЕҢ-ҚҰЛАҢ: елең-құлаң қылмады [қылған жоқ].** *Елемеді, ескермеді; қаперіне де алмады.*

**ЕЛЕҢ-СЕЛЕҢ** елік. **1.** *Селтең-селтең, алақ-жұлақ.* //ауыс. *Селтең-селтең етіп, бос жүрушілік; көше таптаушылық.*

**ЕЛЕҢСУ** *Елеңсі етістігінің қимыл атауы. .*

**ЕЛЕҢСІ=** ет. сөйл. ***Елеңде.***

**ЕЛЕҢСІЗ[1]** сын. *Алаңсыз, қайғысыз, қаперсіз; жайбарақат.*

**ЕЛЕҢСІЗ[2]** сын. сөйл. *Елеусіз, ескерусіз.*

**ЕЛЕҢСІЗДІК** зат. *Жайбарақаттық, алаңсыздық, қаперсіздік; елеусіздік, ескерусіздік.*

**ЕЛЕҢШІЛ** сын. *Алаңшыл, елеңдегіш.*

**ЕЛЕҢІТ=** ет. сөйл. *Елеңдеу, елегізу.*

**ЕЛЕП-ЕКШЕ=** ет. **1.** *Елеу, екшеу, тазалау.* **2.** ауыс. *Сын елегінен өткізу; сұрыптау, іріктеу, таңдау.*

**ЕЛЕП-ЕКШЕУ** *Елеп-екше етістігінің қимыл атауы; іріктеу, таңдау.*

**ЕЛЕП-ЕСКЕР=** ет. **1.** *Елеу, ескеру; байқау.* **2.** *Мән беру, көңіл бөлу.*

**ЕЛЕП-ЕСКЕРУ** *Елеп-ескер етістігінің қимыл атауы; мән беру, көңіл бөлу.*

**ЕЛЕР=** ет. **1.** *Екі құлағын едірейте, үрке қарау; едіреңдеу.* **2.** *Желігу, желпіну; делебесі қозу.* **3.** *Жындану, құтырыну, көтерілу; аусарлану.* **4.** *Өршелену, үсті-үстіне согу, үдей түсу (жел туралы).* **5.** *Аң-таң болу, таңдану, таңырқау, аңыру.*

**ЕЛЕРЛІК** сын. *Көңіл бөлерлік, құрмет көрсетерліктей.*

**ЕЛЕРМЕ[1]** зат. сөйл. ***Елірме[1]***.

**ЕЛЕРМЕ[2]** сын. сөйл. ***Елірме[2]***. **1.** *Елең-елең етіп, жалт бергіш, үркек.* **2.** ауыс. *Есерсоқ, әулекі, есірік.*

**ЕЛЕРМЕЛЕ=** ет. *Елеру, елерме болу.*

**ЕЛЕРМЕЛЕУ** *Елермеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕРТ=** ет. сөйл. **1.** ***Еліртy.*** **2.** ***Еліктіру.***

**ЕЛЕРУ** *Елер етістігінің қимыл атауы; желігу, желпіну.*

**ЕЛЕРІП-ЕР=** ет. *Жаппай, алды-артына қарамай, ақылға салмай соңынан еру.*

**ЕЛЕС** зат. **1.** *Сол сәтте көз алдында тұрмаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының санада қайта қалпына келтірілген, елестетілген бейнесі.* **2.** *Белгілі бір нәрсенің бұлдыр бейнесі.* **3.** *Өткен күннің (істің) қым-қуыт оқиғасы, шым-шытырық көрінісі.* **4.** *Түс сияқты құр алданыш, бос қиял; шын емес, жалған дүние.*

**Елес берді.** а) *Көз алдына келді, елестеді.* ә) *Бір көрінді де жоқ болды; шаңын көрсетті.* **Елес ұрды.** *Елестеді, көз алдына келді.*

**ЕЛЕС=** ет. **1.** *Бағаласу, бір-бірінің қадірін білу.* **2.** ауыс. *Санамалау, жіпке тізу, ескеру.*

**ЕЛЕС-АЛАС** үст. сөйл. *Шала-пұла, аздап; кіресілі-шығасылы.*

**ЕЛЕССІЗ** сын. **1.** *Ешқандай елес жоқ.* **2.** ауыс. *Із-түссіз, мүлде, біржола.*

**ЕЛЕСТЕ=** ет. **1.** *Көз алдына келу, елес болып көріну.*

**ЕЛЕСТЕН=** ет. *Көз алдына келу, елес болып көріну.*

**ЕЛЕСТЕНУ** *Елестен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕСТЕТ=** ет. **1.** *Көз алдына келтіру.* **2.** ауыс. *Білу, анық аңғару.*

**ЕЛЕСТЕТУ** *Елестет етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Көз алдына келтіру.* **2.** псих. *Адамның сол сәтте көз алдында тұрмаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын миында жалтылай бейнелеуге мүмкіндік беретін психикалық процесс.* **3.** *Есіне түсіру.*

**ЕЛЕСТЕУ[1]** зат. псих. *Көз алдына келу құбылысы; галлюцинация.*

**ЕЛЕСТЕУ[2]** *Елесте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕСТІ** сын. *Елестейтін, шалықтайтын.*

**ЕЛЕСТІР=** ет. жерг. ***Еле[2]***.

**ЕЛЕТ** зат. жерг. *Туыс, жақын.*

**ЕЛЕТ[1]=** ет. *Елеуіштен өткіздіру.*

**ЕЛЕТ[2]=** ет. *Бағалату, мән бергізу.*

**ЕЛЕУ[1]** *Еле[1] етістігінің қимыл атауы, таңдау, сынау.*

**ЕЛЕУ**[2] *Еле*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Елеуіштен өткізу.* **2.** а у ы с . *Елеп-ескеру, мән беру, ықылас қою.*

**ЕЛЕУ**[3] с ы н . с ө й л . ***Елеулі.***

**Елеу азық**. *Елеулі боларлық, көзге түсерлік әрекет.*

**ЕЛЕУЛІ** с ы н . **1.** *Елерліктей, көзге түсерліктей, көрнекті.* **2.** *Айтарлықтай үлкен, ірі.* **3.** *Белді, басты, негізгі.* **4.** *Қадірлі, қадірменді, сыйлы, қалаулы.*

**ЕЛЕУЛІРЕК** с ы н . **1.** *Еленетіндей, көзге көрінерліктей.* **2.** а у ы с . *Маңыздырақ, мәнділеу, тереңірек.*

**ЕЛЕУРЕ=** е т . **1.** *Желігу, желпіну.* **2.** *Елегізу, елігу.* **3.** *Қызу, қызбалану, көтерілу.* **4.** *Даурығу, лепіру; өзеуреу.* **5.** а у ы с . *Елеру, едірею, едіреңдеу; көзі шарасынан шығу, қорқу.*

**ЕЛЕУРЕН=** е т . *Желігу, көтерілу, лепіру.*

**ЕЛЕУРЕС=** е т . *Даурығысу, лепіру.*

**ЕЛЕУРЕТ=** е т . *Қыздыру, желіктіру.*

**ЕЛЕУРЕТКІЗ=** е т . *Желіктіру, қыздыру.*

**ЕЛЕУРЕТКІЗУ** *Елеуреткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЕУРЕТУ** *Елеурет етістігін қимыл атуы.*

**ЕЛЕУСІЗ** с ы н . **1.** *Ескерусіз, назардан тыс.* **2.** *Көрінбейтіндей, көзге түспейтіндей.* **3.** *Еленбейтін; мән бермейтін. //Мән бермей, сүлесоқ.*

**Елеусіз қалды.** *Ескерілмеді, еленбеді.* **Елеусіз қалдырды.** *Мән бермеді, елемеді.* **Елеусіз қылды.** *Білдіртпеді, байқатпады.* **Елеусіз сым бөгеттер.** ә с к . *Әуеден және жерден арнайы бүркеніш болмаған жағдайда да білінбейтін, жаяу әскерге қарсы құрылған тікенексіз сымнан жасалған бөгеттер.*

**ЕЛЕУСІЗДЕН=** е т . *Елеусіз болу, байқалмау; назарға ілікпеу.*

**ЕЛЕУСІЗДЕНДІР=** е т . **1.** *Байқатпау, білдіртпеу.* **2.** *Мән бермеу, көңіл бөлмеу.*

**ЕЛЕУСІЗДЕУ** с ы н . *Онша еленбейтін, көзге түспейтін. // Білдірмей, байқатпай.*

**Елеусіздеу етіп.** *Байқатпай, білдіртпей.*

**ЕЛЕУСІЗДІК** з а т . *Назардан тыс қалушылық, байқалмағандық, еленбегендік.*

**ЕЛЕУСІЗІРЕК** с ы н . *Көзге түспейтін, онша еленбейтін, ескеріле бермейтін.*

**ЕЛЕУШІ**[1] з а т . *Бір нәрсені (ұнды, талқанды, құмды т.б.) електен өткізетін адам.*

**ЕЛЕУШІ**[2] з а т . *Бір нәрсені ескеруші, оған көңіл бөлуші адам.*

**ЕЛЕУІШ** з а т . **1.** *Ұн, талқан сияқты майда заттарды елейтін елек, елгезер.* **2.** т е х н . *Бір нәрсенің (астықтың, кен рудасының т.б.) ұсағы мен ірісін ажырататын арнаулы құрал.*

**Елеуіш мәшине.** т е х . *Сусымалы материалдарды елеп, тазалауға арналған механикаландырылған қондырғы.* **Елеуіш суырғы.** т е х. *Сусымалы массаларды әрі елеп, әрі желмен суыратын қондырғы.*

**ЕЛЕУІШТІК** с ы н . *Елеуден, електен өткізуге арналған.*

**Елеуіштік талдау.** х и м . *Стандартты елеуіштер арқылы өткізуге негізделген түйіршік өлшеу құрамын талдау.*

**ЕЛ-ЖАМАҒАТ** з а т . *Ел-жұрт, туған-туыс, ағайын.*

**ЕЛЖАНДЫ** с ы н . *Елін, жерін сүйетін адам.*

**ЕЛЖАНДЫЛЫҚ** з а т . *Елін, жерін сүюшілік, патриоттық, отаншылдық.*

**ЕЛ-ЖҰРТ** з а т . **1.** *Ауыл-аймақ, шыққан елі.* **2.** *Халық.*

**Ел-жұрт аман ба?** э т н . *Бүкіл ауыл-аймақтың амандығын сұрау этикеті.* **Ел-жұртқа [елге] танылды.** *Бүкіл елге, көпшілікке белгілі болды.* **Ел-жұртты елеңдетті.** *Құлақ түргізді, қызықтырды.*

**ЕЛЖІР** з а т . **1.** *Елжірегендік, мейірім, ықылас.* **2.** *Езілушілік, уайымға салыну.*

**ЕЛЖІРЕ**[1]**=** е т . **1.** *Іші жылу, мейірлену, еміреңу; айналып-толғану.* **2.** *Жаны ашу, есіркеу, мүсіркеу, аяу.* **3.** *Жан-тәнімен құштарлану, құмарту, балқу.* **4.** *Егілу, езілу, босау, босаңсу.*

**ЕЛЖІРЕ**[2]**=** е т . с ө й л . *Бабына келіп пісу, былбырау, ылжырау.*

**ЕЛЖІРЕГЕНДІК** з а т . *Еміренгендік, мейірленгендік.*

**ЕЛЖІРЕГІШ** с ы н . **1.** *Елжіреп тұратын; мейірленгіш, еміренгіш.* **2.** *Егілгіш, езілгіш; күйрек.*

**ЕЛЖІРЕК** с ы н . с ө й л . *Елжіреуік, елжірегіш, елжіреп тұратын (адам).*

**ЕЛЖІРЕКТІК** з а т . *Елжірегіштік, елжірегендік.*

**ЕЛЖІРЕС=** е т . *Еміреңісу, құмартысу.*

**ЕЛЖІРЕСУ** *Елжірес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЖІРЕТ=** е т . **1.** *Мейірлендіру, еміреңдіру.* **2.** *Босату, езілдіру.*

**ЕЛЖІРЕТУ** *Елжірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛЖІРЕУ** *Елжіре етістігінің қимыл атауы; еміреңу, мейірлену.*

**ЕЛЖІРЕУІК** с ы н . *Елжіреп тұратын, елжірегіш; елжірек.*

**ЕЛЖІРЛІК** з а т . с ө й л . *Елжірегіштік, елжіреушілік.*

**ЕЛКЕЗЕР** з а т . ж е р г . ***Елеуіш.***

**ЕЛ-КҮН: ел-күн аманда.** *Тыныштықта, бәрі орын-орнында тұрғанда, еліміз аман, күніміз бейбіт заманда деген мағынада қолданылатын сөз.*

**ЕЛОРДА** з а т . ж а ң а . *Тәуелсіз Қазақстан Республикасының әкімшілік-басқару орталығы, астана.*

**ЕЛОРДАЛЫҚ** с ы н . *Астана болып табылатын.* **2.** *Астанаға байланысты.*

**ЕЛОРДАЛЫҚТАР** з а т . ж а ң а. *Астаналықтар, ел астанасының тұрғындары.*

**ЕЛП** е л і к . *Желп еткен жеңіл қимылды бейнелейтін сөз.*

**Елп ете қалды [түсті].** *Келісе кетті, лып етті.* **Елп етті.** а) *Желп етті.* ә) *Байқалды, білінді, сезілді.* б) *Лып ете қалды; тез жауап қатты, қоштады.*

**ЕЛПЕК** с ы н . *Айтқанды екі етпейтін тілалғыш, елгезек. // Елпілдеп тұратын, елпектеген қасиет, қылық.*

**Елпекке көшті.** *Елпектей бастады, елпілдеді.* **Елпек қақты.** а) *Елпілдеді, желпілдеді, ұшып қонды.* ә) *Жаны қалмады, бәйек болды.*

**ЕЛПЕК** з а т . ө с . *Шөп аты.*

**ЕЛПЕК-ЕЛПЕК** е л і к . *Ұшып-қонған, елпілдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Елпек-елпек етті**. *Елпектеді, жаны қалмады; ұшып қонды.*

**ЕЛПЕКТЕ=** е т . **1.** *Елпек қағу, елпілдеу; қауқалақтау.* **2.** *Ұшып қону, қолды-аяққа тұрмау, қалбалақтау.* **3.** а у ы с . *Бәйек болу, жаны қалмау; айтқанын екі етпеу.*

**ЕЛПЕКТЕҢКІРЕ=** е т . *Аздап елпілдеу, жеңілтектену, ұшқалақтау.*

**ЕЛПЕКТЕТ=** е т . с ө й л . *Елпілдету, елпекқақтыру.*

**ЕЛПЕКТЕТУ** *Елпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛПЕКТЕУ** *Елпекте етістігінің қимыл атауы; елпілдеу.*

**ЕЛПЕКТІК** з а т . *Елпілдектік, елгезектік, тілалғыштық, айтқанын екіетпеушілік.*

**ЕЛПЕЛЕКТЕ=** е т . **1.** *Елпектеу, елпілдеу, қауқалақтау; асып-сасу.* **2.** *Ұшып қону, қолды-аяққа тұрмау; ұшқалақтау.* **3.** а у ы с . *Жаны қалмау, құрақ ұшу; жалпақтау.*

**ЕЛПЕЛЕКТЕУ** *Елпелекте етістігінің қимыл атауы; асты-үстіне түсу, елпілдеу.*

**ЕЛП-ЕЛП** е л і к . *Елпілдеген, елпек қаққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Елп-елп етті**. *Елпілдеді, елпектеді, елпең қақты.*

**ЕЛПЕҢ** с ы н . *Елпілдеп тұрған, жеңіл.*

**Елпең қақты**. а) *Елпілдеді, елпектеді; дедек қақты, зыр жүгірді .* ә) *Жаны қалмады, құрақ ұшты, құрдай жорғалады.* **Елпең ете қалды [түсті].** *Елп етті; құрақ ұшты.*

**ЕЛПЕҢДЕ=** е т . **1.** *Тез-тез басу, ылдымжылдым жүру; бүкшең қағу.* **2.** *Елпілдеу, елпектеу, қауқалақтау.* **3.** а у ы с . *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу.* **4.** а у ы с . *Жарамсақтану, жағыну, жалпаңдау, құрдай жорғалау.*

**ЕЛПЕҢДЕС=** е т . *Елеңдесу, алаңдасу.*

**ЕЛПЕҢДЕСУ** *Елпеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛПЕҢДЕТ=** е т . *Елпең-елпең еткізу, елп-елп еткізу.*

**ЕЛПЕҢДЕУ** *Елпеңде етістігінің қимыл атауы; асты-үстіне түсу.*

**ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ** е л і к . *Елпеңдеп, құрақ ұшқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Елпең-елпең басты.** *Елп-елп етті, елпеңдеді.* **Елпең-елпең етті**. *Елпеңдеп тез жүрді, елпең қақты.*

**ЕЛПУІШ: етегі елпуіш, жеңі желпуіш болды.** *Тыным таппады, жан аямады.*

**ЕЛПІ: етегі елпі, жеңі желпі жүрді.** *Жан салып, тынбай еңбек етті.*

**ЕЛПІЛ: елпіл қақты.** *Елпілдеді, елпең қақты; құрақ ұшты.*

**ЕЛПІЛДЕ=** е т . **1.** *Лып-лып етіп тез жүру.* **2.** а у ы с . *Елпек қағу, елпектеу, қауқалақтау.* **3.** а у ы с . *Ұшып-қону, қолды-аяққа тұрмау.* **4.** а у ы с . *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу.* **5.** а у ы с . *Құрдай жорғалау, айтқанын екі етпеу.* **6.** а у ы с . *Желігу, желпіну; еліру.*

**ЕЛПІЛДЕК** с ы н . **1.** *Елпілдеп тұратын, тілалғыш; елгезек.* **2.** *Жеңілтек, жаңғалақ, ұшқалақ, мінезі жеңіл.*

**ЕЛПІЛДЕП-ЖЕЛПІЛДЕП** ү с т . *Елп-елп етіп; ұшып-қонып.*

**ЕЛПІЛДЕС=** е т . *Асты-үстіне түсісу, бәйек болысу.*

**ЕЛПІЛДЕСУ** *Елпілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛПІЛДЕТ=** е т . *Желкілдету, еліктіру.*

**ЕЛПІЛДЕТУ** *Елпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛПІЛДЕУ** *Елпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛ-САЛ** ү с т . с ө й л . ж е р г . ***Дел-сал.***

**Ел-сал тарты.** с ө й л . ***Дел-сал тартты.***

**ЕЛ-СЕЛ: ел-сел болды.** *Жер-көкті су басты, сел боп ақты.*

**Ел-сел етті.** а) *Ебіл-себіл су қылды.* ә) *Қанын судей ағызды, қырды.* **Ел-селі шықты.** *Қатты терледі, борша-боршасы шықты.*

**ЕЛСЫНАР** з а т . з о о л . *Ашық тау жоталарында ұялайтын құс.*

**ЕЛСІЗ** с ы н . **1.** *Ешқандай ел жоқ, халық мекендемеген (жер).* **2.** *Ел-жұртсыз, туған-туыссыз; отансыз.* **3.** *Елдің қатысынсыз.*

**Елсіз жер.** *Ел мекендемеген аймақ.*

**ЕЛСІЗДЕТЕ=** е т . *Елсізбен жүру, елсіз жерді кезу.*

**ЕЛСІЗДІК** з а т . *Ешқандай ел жоқтық; ел болмағандық.*

**ЕЛСІЗ-ЖҰРТСЫЗ** с ы н . *Ел жоқ, жұрты жоқ (мекен).*

**ЕЛСІЗ-КҮЙСІЗ** с ы н . *Ешкіммен араласымы жоқ, жалғыз.*

**ЕЛСІЗ-КҮНСІЗ** с ы н . *Ел жоқ, тіршілік етуге болмайтын; құ медиен, айдала.*

**ЕЛСІЗ-КҮНСІЗДЕ** ү с т . *Айдалада, оңаша жерде.*

**ЕЛСІЗ-СУСЫЗ** сын. *Ел жоқ, су жоқ; құ дала.*

**ЕЛСІН=** ет. **1.** *Ел деп білу, тану, ел екен деп санасу.* **2.** ауыс. *Жерсіну, сіңісу.*

**ЕЛТ=** ет. сөйл. ***Елті.***

**ЕЛТАНУ** зат. геогр. *Белгілі бір елдің, сондай-ақ ірі аумақтар мен материктердің табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік құрылымы т.б. туралы әртүрлі мәліметтерді жинақтап, бір жүйеге келтіріп, кешенді түрде зерттейтін географиялық пән.*

**ЕЛТАНУЛЫҚ** сын. *Елтану пәніне қатысты, елтануға тән.*

**ЕЛТАНУШЫ зат.** *Ел, халық, ұлт, ұлыстардың орналасуы мен тарихын, мәдениетін зерттеуші маман.*

**ЕЛТАНЫМ** зат. *Өз елін және өзге ел тарихы мен мәдениетін, ділін зерттеушілік, айналысушылық.*

**ЕЛТАНЫМДЫҚ** сын. *Елтанымға тән.*

**ЕЛТАҢБА** зат. <нем.Herb> *Мемлекеттің туда, мөрде, теңгелерде бейнеленетін өзіндік белгісі, мемлекеттік рәміздің бірі.*

**ЕЛТЕБЕР** зат. көне. *Елбасы, елтұтқа.*

**ЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ** зат. *Құр думанмен күн өткізушілік, селтеңдеп бос жүрушілік.*

**ЕЛТТІР=** ет. *Еліктіру, желіктіру.*

**ЕЛТУ** *Елті етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛТУШІ** зат. *Елітуші (бір нәрсеге елтіген адам, құмартушы).*

**ЕЛТҰТҚА** зат. *Елдің арқасүйер азаматы, елдік мүддені көздеуші, ел қамын ойлаушы парасат иесі.*

**ЕЛТІ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің уыты бойға тарап, басы айналу, улану; елеуреу.* **2.** *Желігу, желпіну; мас болу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсеге елігу, бойы балқу.*

**ЕЛТ** зат. миф. *Бал ашу кезінде экстатикалық жағдайға (елтіп) түсіп, қам жасайтын әйел жынысты бақсы-балгерлер.*

**ЕЛТІГІШ** сын. *Бір нәрсеге елтіп кеткіш, елтуге бейім.*

**ЕЛТІРІ** зат. *Туғаннан кейін 2–3 күн ішінде сойылған қозы терісі. // Елтіріден істелген, елтіріден тігілген.*

**Елтірі бөрік.** *Елтіріден жасалған бөріктің түрі.*

**ЕЛТІРІЛІ** сын. *Елтірісі бар, елтірісі көп.*

**ЕЛТІРІЛІК** сын. *Елтірі алуға арналған, елтірі беретін.*

**ЕЛТІТ=** ет. **1.** *Еліктіру, балқыту.* **2.** *Мас қылдыру.*

**ЕЛТІТУ** *Елтіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛУ** сан. *Қырық тоғыз бен елу бірдің арасындағы есептік сан; жүздің жарымы, бес он; 50 санының атауы. // Елу жас.*

**Елуден асты [елуді еңсерді].** *Жасы елуден асты, елу жастан өтті, алпысқа аяқ басты.* **Елудің елі.** *Елудің іші, елуден алпыс жасқа дейінгі аралық.* **Елу – ердің жасы.** *Дер шақ, ақыл тоқтатқан, толысқан жас.* **Елу жылда ел жаңа.** *Жарты ғасырда елде көп өзгерістер болады; танымастай өзгереді деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Елу көштік.** *Көп ауыл сыятындай, көп рет көшіп-қонатындай.* **Елу мың қол.** *Елу мың адамнан құралған әскер.* **Елу сомдық.** *Бағамы елу сом тұратын ақша, елу сомдық купюра.* **Елу шалды.** *Жасы елуден асты.* **Елуінде еленбеді.** *Елу жасында жұрт сыйлайтын, қадірлейтін сипаты, еңбегі болмады.*

**ЕЛУ-АЛПЫС** сан. *Елу мен алпыс арасындағы болжалды сан.*

**ЕЛУБАСЫ** зат. көне. **1.** әск. *Бұрынғы қазақ әскеріндегі әрбір елу сарбаздың басшысы.* **2.** қоғ.-саяси. *Патша заманында әрбір 50 үйдің атынан болыс сайлауына қатынасатын өкіл (адам); би-болыстың ел ішіндегі әкімі.*

**ЕЛУБАСЫЛЫҚ** зат. *Елубасы болушылық.*

**ЕЛУЕКІ: елуекі күндік.** этн. жерг. *Сырдың орта ағысындағы қожа руындағы өліктің артын күтуге байланысты өткізілетін жоралғы.*

**ЕЛУДЕЙ** сан. *Елу шақты, елуге жуық.*

**ЕЛУЛЕГЕН** сан. *Елу-елуге бөлінген.*

**ЕЛУЛЕП-ЖҮЗДЕП** үст. *Елуден, жүзден; топ-тобымен.*

**ЕЛУЛІК** зат. көне. **1.** әск. *Елу-елуден бөлінген (біріккен) сарбаздар тобы; жасақ.* **2.** сөйл. *Би-болыстың ел ішіндегі өкілі, әкім; елубасы.*

**ЕЛУІНШІ** сан. *Заттың қырық тоғыздан кейінгі кезекті есебін білдіретін реттік сан.*

**ЕЛШЕ** үст. *Ел сияқты, елге ұқсап.*

**ЕЛШІ** зат. **1.** дипл. <лат. consul> *Бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі өкілетті дипломатиялық өкілдігінің басшысы қызметін атқаратын жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.* **2.** көне. *Бір іс жөнінде екі кісінің не екі елдің арасын бітімге келтіру үшін жүретін адам, делдал.* **3.** діни. *Пайғамбар.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің хабаршысы, жаршысы; белгісі.*

**Елші кісі.** *Ара ағайындыққа жүретін адам, татуластырушы.*

**ЕЛШІГЕС** сын. ескікіт. *Ер емес, әлсіз.*

**ЕЛШІДЕЙ** сын. *Елші сияқты, елші тәрізді.*

**ЕЛШІЛ** сын. *Ел қамын ойлаушы, елін жанындай сүюші; көпшіл.*

**ЕЛШІЛДІК** зат. *Елін сүюшілік, ел қамын ойлаушылық.*

**ЕЛШІЛІК** зат. **1.** дипл. <лат. consul> *Бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігі (мекеме).* **2.** *Осы өкілдік орналасқан үй, ғимарат.* **3.** *Шетелдегі үкімет өкілдігі қызметін атқарушылық, елші болушылық.* **4.** *Екі ел арасын келістірушілік, дәнекер болып бітімге келтірушілік.*

**ЕЛШІХАНА** зат. *Шетел өкілдері тұратын жай, ғимарат; елшілік үйі.*

**ЕЛІ**[1] зат. *Ұзындықты, қалыңдықты білдіретін саусақтың көлденең ені (өлшем мөлшері, өлшеу бірлігі).*

**ЕЛІ**[2] зат. жерг. *Ұзаққа созылатын көз ауруы.*

**ЕЛІБІ** зат. *Түр-түсі, бет-әлпеті.*

**ЕЛІГУ**[1] зат. *Еліккендік, елігушілік, желік.*

**ЕЛІГУ**[2] *Елік етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІГУ-ЖЕЛІГУ** зат. *Еліккендік, желіккендік.*

**ЕЛІГІҢКІРЕ=** ет. *Аздап елігу, қызығыңқырау, желігіңкіреу.*

**ЕЛІДЕЙ** сын. *Азғана, азғантай, титімдей.* **Бір елідей.** а) *Кішкентай, шағын.* ә) *Кішкентай.*

**ЕЛ-ЖЕР** зат. *Атамекен, туған жер.*

**ЕЛІК** зат. **1.** зоол. <лат. capreolus capreolus> *Таулы, бұталы, орманды жерлерді мекендейтін, бұғы тұқымдас жұп тұяқты, сүтқоректі кішірек аң.* **2.** ауыс. *Көз қуантар, көз тартар, сұлу, сымбатты қыз (әйел).*

**Елік ауыз болды**. жерг. *Қисыны кетті, үйқаспады, байланыспады.* **Елік аяқ.** *Жылқы малының аяқтарының келісті біткенін білдіретін сөзқолданыс.* **Елік бас.** *Жылқы малының бас бітімінің әдемілігін білдіретін сөзқолданыс.* **Еліктің лағындай [асығындай].** *Шағын ғана әдемі, сымбатты; сүйкімді.* **Елік сезім.** *Нәзік, жастық сезім.*

**ЕЛІК=** ет. **1.** *Елту, қызықтау.* **2.** ауыс. *Желігу, желпіну.*

**ЕЛІКБАЛДЫРҒАН** зат. өс. *Орман маңында, тау беткейлерінде өсетін, гүлі ақ не қызғылт шатырша болып келетін, көпжылдық өсімдік.*

**ЕЛІККІШ** сын. *Әр нәрсеге еліктегіш, қызыққыш; еліге кеткіш.*

**ЕЛІККІШТІК** зат. *Еліге кеткіштік, қызыққыштық.*

**ЕЛІКПЕ**[1] зат. *Бас айналып, есеңгіреп қалатын ауру түрі.*

**ЕЛІКПЕ**[2] сын. *Еліккіш, еліге кеткіш.*

**ЕЛІКТЕ=** ет. **1.** *Біреудің жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне т.б. ұқсауға тырысу, сондай болғысы келу.* **2.** жағымды. *Біреудің ерекше қасиетін, дарынын өзіне үлгі тұту, сондай қабілетке жетуге тырысу.* **3.** *Біреудің істегенін істеу, қайталау.* **4.** *Елігу, елту.*

**Еліктеп келемеждеу.** әдеб. <грек. parodia> *Еліктеу түріндегі әзіл қағытпа өлең немесе белгілі бір әдеби нұсқаға еліктеп отырып, бұрмаланатын көлемді көркем шығарма.*

**ЕЛІКТЕГЕНДІК** зат. *Біреуге ұқсағандық, сондай болғысы келгендік; еліктеушілік.*

**ЕЛІКТЕГІШ** сын. **1.** *Біреуге ұқсап баққыш, елтігіш, еліккіш, әр нәрсеге қызыққыш; әуесқой.* **2.** жағымсыз. *Өзіндік пікірі жоқ, өзгеге ергіш.*

**ЕЛІКТЕГІШТЕУ** сын. *Көрсеқызарлау, қызыққыштау.*

**ЕЛІКТЕГІШТІК** зат. **1.** *Біреуге ұқсауға тырысушылық, соның істегенін істеуге ұмтылушылық.* **2.** психол. *Еліккіштік, елтігіштік.*

**ЕЛІКТЕЙ** сын. *Елік сияқты, елік тәрізді.*

**Еліктей [елікше, киіктей] елегізіді.** *Қорықты, үрейленді, үркіді.*

**ЕЛІКТЕМПАЗ** сын. *Әр нәрсеге қызыққыш, әуесқой.*

**ЕЛІКТЕҢКІРЕ=** ет. *Аздап еліктеу, біреуге ұқсауға тырысыңқырау.*

**ЕЛІКТЕСТІК** зат. сөйл. *Еліктеушілік.*

**ЕЛІКТЕТ**[1]**=** ет. *Елеңдету, елегізу.*

**ЕЛІКТЕТ**[2]**=** ет. *Біреуді өзіне еліту, тарту.*

**ЕЛІКТЕТКІШ** сын. *Біреуді еліктетіп, соңына ертіп алғыш.*

**ЕЛІКТЕТКІШТІК** зат. *Еліктете білушілік, еліктете алушылық.*

**ЕЛІКТЕТУ** *Еліктет етістігінің қимыл атауы; біреудің ерекше қасиет-қабілетін үлгі тұтқызу.*

**ЕЛІКТЕТУШІ** зат. *Еліктеткіш, еліктеттіретін.*

**ЕЛІКТЕУ**[1] зат. **1.** пед. <лат. imitatio> *Адамның басқалардың мінезіне, қылығына, іс-қимылына ұқсауға тырысуы, еліктеу әрекеті.* **2.** әдеб. *Жазушының, ақынның өз шығармасында белгілі әдеби нұсқаны үлгі тұтуы, алдындағы атақты өнер иелерінен өнеге алуға ұмтылуы.*

**ЕЛІКТЕУ**[2]**: еліктеу сөздер**. лингв. ***Еліктеуіш сөздер*** *(табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер).*

**ЕЛІКТЕУ** *Елікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әр нәрсеге елігу, қызығу, әуестену.* **2.** *Біреуге, бір нәрсеге елту, соған бет бұру.*

**ЕЛІКТЕУШІ** зат. *Еліктеген кісі, еліктейтін адам.*

**ЕЛІКТЕУШІЛІК** зат. *Еліктегендік, еліктеу ісін істеушілік.*

**ЕЛІКТЕУІШ: еліктеуіш сөздер.** лингв. *Табиғат құбылыстарының, адам мен хайуанаттың шығарған дыбыстарына олардың қимыл-әрекетіне бейнелі түрде еліктеуден пайда болған сөздер.*

**ЕЛІКТІР=** ет. **1.** *Бір нәрсеге қызықтыру, әуестендіру.* **2.** *Еліттіру, баурау.* **3.** *Тәнті ету, ынтық қылу.*

**ЕЛІКТІРГІШ**[1] зат. *Зиянды жәндіктерді құртып, жою үшін я қолға түсіру үшін тасталған алдамшы азықтық зат; жем, жемтік.*

**ЕЛІКТІРГІШ**[2] зат. *Жабайы үйректерді мылтық оғы жететін жерге еліктіріп әкелу үшін суға әдейі қондырылған үй үйрегі.*

**ЕЛІКТІРГІШ**[3] сын. *Еліктіріп әкететін, еліктіретін.*

**ЕЛІКТІРГІШТІК** зат. *Еліктіргіш қасиет.*

**ЕЛІКТІРУ** *Еліктір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызықтыру, әуестендіру.* **2.** *Баурау, еліттіру, тарту.*

**ЕЛІКТІРУШІ** зат. *Еліктіргіш, еліктіріп әкеткіш.*

**ЕЛІКТІРУШІЛІК** зат. *Еліктіріп әкетушілік, еліктіргіштік.*

**ЕЛІКШЕ** үст. *Елік тәрізді, елікке ұқсап.*

**ЕЛІКШӨП** зат. өс. *Айлауық тұқымдасына жататын, ылғалды, көлеңкелі жерлерде өсетін көпжылдық жасыл шөп.*

**ЕЛІЛЕ=** ет. *Елімен өлшеу, қанша елі болатындығын анықтау.*

**ЕЛІЛЕТ=** ет. *Елімен өлшету.*

**ЕЛІЛЕТУ** *Елілет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІЛЕУ** *Еліле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІН-ПЕЛІН: елін-пелін болды.** жерг. *Аңтарылып, тұйыққа тіреліп, дағдарды; не істерін білмді.*

**ЕЛПІ** зат. жерг. **1.** *Кейіп, кескін, бейне; әліп, әлпет.* **2.** *Тұлға, тұрпат, мүсін.*

**ЕЛІПТЕС** сын. жерг. *Тұр-тұлғасы ұқсайтын, кескіндес, кейіптес, бейнелес; әліптес.*

**ЕЛІПТІ** сын. жерг. *Бейнелі, кейіпті, тұрпатты.*

**ЕЛІР=** ет. **1.** *Елеңдеу, едірең-едірең етіп қарау, алақтау.* **2.** *Айғай-шуға, дүбірге делебесі қозу, бүйірі қызу.* **3.** *Қызбалану, даурығу; екілену.* **4.** *Желігу, желпіну.* **5.** *Елеурeу, есіру; есі шығу.* **6.** *Жындану, есерсоқтану.* **7.** *Құтыру, жынды болу, есі ауысу.* **8.** *Сөзінен шатасу, сандырақтау.*

**ЕЛІРМЕ**[1] зат. мед. *Көбінесе жас балаларда болатын психикалық ауру (ұйықтап жатып орнынан тұрып кетеді, санасыз түрде әртүрлі әрекеттер істейді т.б.).*

**ЕЛІРМЕ**[2] сын. **1.** *Елең-елең етіп, жалт бергіш, үркек (жылқы).* **2.** ауыс. *Қызба, даурықпа (адам).* **3.** ауыс. *Әулекі, даңғой, есерсоқ.*

**ЕЛІРМЕЛЕ=** ет. сөйл. *Еліру, есіру, даурығу.*

**ЕЛІРМЕЛЕУ**[1] сын. *Еліргіш, есіргіш.*

**ЕЛІРМЕЛЕУ**[2] *Елірмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІРМЕЛІ**[1] сын. **1.** *Елірме ауруы бар, елірмесі бар.* **2.** ауыс. *Еліріп, есіріп кететін; есерсоқ.*

**ЕЛІРТ=** ет. **1.** *Елеңдету, алаңдату.* **2.** ауыс. *Даурықтыру, екілендіру.* **3.** ауыс. *Желіктіру, желпінту.*

**ЕЛІРТКІШ** сын. *Еліртетін, елірт іп әкететін.*

**ЕЛІРТПЕ**[1] зат. *Еліктіріп әкетушілік, қызықтырушылық.*

**ЕЛІРТПЕ**[2] зат. сөйл. ***Елірме**[1].*

**ЕЛІРТУ** *Елірт етістігінің қимыл атауы; даурықтыру, екілендіру.*

**ЕЛІРУ** *Елір етістігінің қимыл атауы; қызбалану, даурығу.*

**ЕЛІРУШІ** зат. *Еліру ісін (әрекетін) істеуші, елірген жан.*

**ЕЛІРУШІЛІК** зат. *Еліргендік, еліріп кетушілік.*

**ЕЛІРІП-ЕСІР=** ет. *Еліру, есіру, масаттану.*

**ЕЛІРІП-ЕСІРУ** *Еліріп-есір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІТ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің уыты бойға тарап, басы айналу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге ұю, елігу; бойы балқу.*

**ЕЛІТКІШ** сын. сөйл. ***Елтігіш.***

**ЕЛІТТІР=** ет. *Елеурету, бас айналдыру.*

**ЕЛІТТІРУ** *Еліттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІТУ** *Еліт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕЛІТУШІ** зат. *Еліттетін, еліт іп кететін адам.*

**ЕЛІТУШІЛІК** зат. *Еліткендік, елітіп кеткендік.*

**ЕМ** зат. **1.** *Түрлі ауруға қарсы қолданылатын емдеу әрекеті, емдеу ісі.* **2.** *Аурудың (дерттің, кеселдің) айығуына себі тиетін нәрсе; дауа, шипа.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің амалы, айласы, шарасы.* **4.** ауыс. поэт. *Жүрек дауасы, көңіл қалауы.*

**Ем болды.** а) *Жасалған ем дарыды, қонды, шипа болды.* ә) *Тиімді, пайдалы болды.* б) *Жанына жақты, еңсесін, көңілін көтерді.* **Ем болсын.** тілек. *Шипа болсын, емі қонсын деген мағынада айтылатын тілек сөз.* **Емге жоқ.** *Түк жоқ, мүлдем жоқ.* **Емге табылмады.** *Іздесе де ұшыраспады, кездеспеді.* **Емге ұшпады.** *Мүлде ұшыраспады, атымен кездеспеді.* **Ем жақты.** *Шипа болды, жазылды, айығып кетті.* **Ем жасады [етті, қылды].** *Ем істеді, емдеді.* **Ем қабылдау.** мед. *Адамның аурудан жазылып, айығуы үшін дәрі-дәрмек пайдаланып, емдеу шараларын алу, емделу.* **Ем қонбады.** а) *Емдеген емнен ешбір нәтиже шықпады, дарымады.* ә) *Дауа жоқ; сөз өтпеді, түзелмеді.* **Емі жоқ дерт.** эвф. *Жазылмайтын ауру мағынасында.* **Емін білді.** *Амал-айласын, жолын тапты.* **Еміне шипа іздеді.** *Аурудан жазылудың амалын қарастырды.* **Емін тапты.** *Шарасын, дауасын тапты.* **Емі табылмады.** *Дауасы табылмады.*

**ЕМ**[1]**=** ет. **1.** *Емшек ему; уызға, сүтке қарнын тойдыру.* **2.** *Бір нәрсені (саусақты, емізікті т.б.) сору.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің қызығын көру, оны қажетіне жарату, пайдаға асыру.* **4.** ауыс. экспр. *Обу, құрту, сору, жеу; жатып ішу, оңай олжа табу.*

**ЕМ**[2]**=** ет. сөйл. *Едім етістігінің қысқарған түрі.*

**ЕМАРША** зат. өс. *Таулы, тасты жерлерде өсетін, биіктігі 4-5 м-дей жататған бұта немесе шағын ағаш; дәрі арша.*

**ЕМГЕР** зат. сөйл. ***Емші.***

**ЕМГІШ** сын. *Еміп қоятып, еметін.*

**ЕМДАРЫМ: емдарым зеруаты.** көне. *Сырқатқа дәрі жасап, емдеу.*

**ЕМДАУА** зат. окказ. *Шипа.*

**ЕМДӘМ** зат. тамақ. <грек. diaita> *Шама мөлшері, химиялық құрамы, құнарлығы және кулинариялық өңделуі бойынша арнайы іріктелген тамақтану тәртібі.*

**ЕМДӘМДІК** сын. тамақ. *Емдәмге қатысты, емдәмге тән.*

**ЕМДӘМТАНУ** зат. тамақ. <грек. diaita – өмір салты, тамақтану тәртібі, logos – ілім> *Сау және науқас адамның тиімді тамақтануын, дұрыс тамақтандырудың ғылыми негіздерін және оны ұйымдастыру әдістерін зерттейтін ғылым.*

**ЕМДЕ=** ет. **1.** *Ауруға қарсы ем жасау, дәрілеу.* **2.** ауыс. *Көңілін жай таптыру, қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілту.*

**ЕМДЕЛ=** ет. **1.** *Ем қабылдау, ем алу;* емделген. **2.** ауыс. *Жағымсыз, жаман нәрселерден арылып сейілу, көңіл жайлану.*

**ЕМДЕЛУ** *Емдел етістігінің қимыл атауы; ем қабылдау. // Ем алу процесі, ем қабылдау ісі.*

**Емделу қағазы.** мед. *Сырқаттануға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақша құжат.*

**ЕМДЕЛУШІ** зат. *Ем қабылдаушы, ем алушы адам.*

**ЕМ-ДЕМДЕ** үст. сөйл. *Лезде, жылдам, тез, демде.*

**ЕМДЕН**[1]**=** ет. сөйл. ***Емделу.***

**ЕМДЕН**[2]**=** ет. сөйл. ***Иелен.***

**ЕМДЕНУ**[1] *Емден*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМДЕНУ**[2] *Емден*[2] *етістігінің қимыл атауы; иелену.*

**ЕМДЕС=** ет. *Ем жасасу, бірге емдеу.*

**ЕМДЕСУ** *Емдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМДЕТ=** ет. **1.** *Ауруға қарсы ем жасату, ем қолдану.* **2.** ауыс. *Жаман әдеттен арылу.*

**ЕМДЕТКІЗ=** ет. *Ем жасатқызу, дәрілеткізу.*

**ЕМДЕТКІЗУ** *Емдеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМДЕТУ** *Емдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМДЕУ** *Емде етістігінің қимыл атауы; ауруға қарсы ем жасау, дәрілеу. // Ем жасау ісі, емдеу әрекеті.*

**Емдеу жолы**. *Ем жасаудың әдісі, амалы.* **Емдеу мекемесі**. *Емдеу ісімен айналысатын мекеме; емхана, аурухана.* **Емдеу орны**. *Дәрігерлік жәрдем көрсету орны; емхана, аурухана, санаторий т.б.* **Емдеу пункті**. мед. *Дәрігерлік көмек көрсететін пункт.*

**ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ** сын. *Емдейтін, дәрілейтін және аурудан алдын ала сақтандыратын (орын, шара т. б.).*

**ЕМДЕУ-САНИТАРЛЫҚ** сын. *Дәрігерлік жәрдем көрсету, емдеу және тазалық сақтау талаптарына жауап беретін (орын, пункт т. б.).*

**ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ** сын. *Емдеу және сауықтыру мақсатына арналған, сонымен байланысты.*

**ЕМДЕУСІЗ** сын. *Ешқандай емдеу жүргізілмеген, ем-дом жасалынбаған.*

**ЕМДЕУШІ** зат. *Ем жасаушы, ем істейтін адам. //Емдейтін, ем істейтін (дәрігер, адам).*

**ЕМ-ДОМ** зат. *Дәстүрлі дәрігерлік жәрдемнен бөлек ұшкіру, ұшықтау, аластау сияқты халықтық ем.*

**Ем-дом қылды [жасады, істеді].** *Қолынан келген емін жасады.* **Ем-дом істетті.** *Емдетті, емдеу шараларын орындатты, ем-дом жасату.*

**ЕМ-ДОМДА=** ет. *Ем-дом жасау, емдеу.*

**ЕМ-ДОМДАУ** *Ем-домда етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМ-ДОМДЫҚ** сын. *Емдік, шипалық; дәрілік.*

**ЕМ-ДОМСЫЗ** сын. *Ешбір емсіз, дәрі-дәрмексіз.*

**ЕМДІК** сын. *Ем боларлық, шипалық, дарулық.*

**Емдік дене шынықтыру.** мед. *Адамның дене мүшелерінің қызметін қалпына келтіруге бағытталған емдеу әдісі; жалпы терапияның бір саласы.* **Емдік жерасты сулары.** мед. *Химиялық, газдық құрамының ерекшеліктері мен температурасына байланысты адам ағзасына емдік әсер ететін жер асты сулары.* **Емдікке таба алмады**. *Іздесе де таппады, кездестірмеді.* **Емдік курс.** мед. *Аурудан емделу үшін қажетті ем-дом шараларының бір кезеңі.*

**ЕМЕГЕН** сын. *Еміп қоятын, емгіш, жанасқыш (төл).*

**ЕМЕ-ЖАРҚЫ** үст. ***Емен-жарқын.***

**ЕМЕЖЕ** зат. жерг. ***Еметай.***

**ЕМЕ-ЖЕМ: еме-жемге келгенде.** *Шындап келгенде.*

**ЕМЕЙ** үст. *Болмағанда, болмағанда ше.*

**ЕМЕКСУ** *Емексі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕКСІ=** ет. **1.** *Бір нәрседен үміттену, дәмелену.* **2.** *Ықылас, ниет білдіру, емеурін көрсету.* **3.** *Бір нәрсеге сүйену, арқалану; көңіліне тоқ санау, медет ету.*

**ЕМЕКСІГІШ** сын. *Емекситін, дәметкіш, үміттенгіш.*

**ЕМЕКСІН=** ет. **1.** *Үміт ету, дәмелену.* **2.** *Ықылас, ниет білдіру.*

**ЕМЕКСІНУ** *Емексін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕКСІТ=** ет. *Бір нәрседен үміттендіру, дәмелендіру.*

**ЕМЕКСІТКІЗ=** ет. *Үміт еткізу, дәмелендіру.*

**ЕМЕКСІТКІЗУ** *Емексіткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕКСІТТІР=** ет. *Үміт еттіру, дәмелеттіру.*

**ЕМЕКСІТТІРУ** *Емексіттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕКСІТУ** *Емексіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕЛДЕС** зат. тар. *Хан ұрпағымен емшектес (бір ананың сүтін емген) болған, хан ордасында орны бар адам.*

**ЕМЕЛЕС** зат. *Туған анасының емшегінен сүт шықпағанда (немесе басқа себептермен) емізулі нәрестесі бар өзге әйелдің емшегін еміп өскен бала.*

**ЕМЕН**[1] зат. өс. <лат. guercus> **1.** *Шамшат тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты көп жылдық ірі ағаш.* **2.** *Қазтабан жапырақты, үлкен, қатты ағаш.* **3.** *Емен ағашының суреті.* // *Емен ағашының сүрегінен жасалған.*

**Емен бақ.** *Емен тоғай, орман.* **Еменге қарсы біткен иір бұтақтай.** бейн. *Асқан өжет, қайтпас қайсар, төзімді де өр мінез тұлғадай деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Еменге шыт байлады.** миф. *Әулие түту ырымын жасады.* **Емен найза.** этн. *Сабы емен ағашынан жасалған найза.* **Емен садақ.** этн. *Еменнен жасалған берік садақ.* **Емен сойыл.** этн. *Еменнен жасалған берік, қатты шоқпар, ағаш қару.*

**ЕМЕН**[2]**: емен де, семен де.** *Кім болса сол, әркім.*

**ЕМЕН=** ет. фольк. *Емеспін деген көмекші етістіктің ықшамдалған түрі.*

**ЕМЕНДЕЙ** сын. **1.** *Емен сияқты, емен тәрізді.* **2.** ауыс. *Мықты, берік.* **3.** ауыс. *Ұзақ жасап, көпті көрген.* **4.** ауыс. *Иілмейтін, қайсар, қайтпас; қайыспайтын, төзімді.*

**ЕМЕНДІ** сын. *Емен өскен, емені көп.*

**Еменді орман.** *Емен ағашы көбірек өскен ну ағаш.*

**ЕМЕН-ЖАЙ** үст. жерг. *Жайғасып, жайланып, жайбарақат; асықпай.*

**ЕМЕНЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Емен жапырағына ұқсас, көпжылдық өсімдік.*

**ЕМЕН-ЖАРҚЫ** сын. *Болмашы, аздаған, азын-аулақ.* // *Аздап, там-тұмдап, жартылай.*

**ЕМЕН-ЖАРҚЫЛАП** үст. *Аздап, жартылай, тиіп-қашып.*

**ЕМЕН-ЖАРҚЫН**[1] сын. *Ашық-жарқын, көңілді, емін-еркін.*

**ЕМЕН-ЖАРҚЫН**[2] сын. *Болмашы, аздаған.*

**ЕМЕНИЯ** [ор. имение] зат. *Орыс феодалының жер меншігі; иелік.*

**ЕМЕНҚҰЛАҚ** зат. өс. *Басы қызыл қоңыр, сұр түсті, ақ саңырауқұлаққа ұқсас, бірақ басының төменгі жағы қызғылт болып келетін еменге таяу жерде өсетін саңырауқұлақтың түрі.*

**ЕМЕНТҰМСЫҚ** зат. зоол. <лат. coccothraustes> *Омырауында қара дағы бар, жуан, мықты тұмсықты, торғай тәрізділер отряды құнақтар тұқымдасына жататын орман құсы.*

**ЕМЕН-ТЫНЫШ** сын. *Қауіпсіз, жайлы.*

**ЕМЕНШЕ** үст. *Емен тәрізді, еменге ұқсап.*

**ЕМЕНШӨП** зат. өс. <лат. teucrium> *Еренгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шала бұта.*

**ЕМЕР=** ет. жерг. *Ерін қымқыру, жымқыру.*

**ЕМЕРУ** *Емер етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕРІЛ=** ет. *Еріннің қымқырылуы, жымқырылуы.*

**ЕМЕРІЛУ** *Емеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМЕС=** ет. *Е көмекші етістігінің есімше тұлғалы болымсыз түрі.*

**Емес те емес.** *Ол да емес, бұл да емес.*

**ЕМЕСЕ: емесесі құрыды.** сөйл. ***Емешесі құрыды.***

**ЕМЕСЕК** зат. жерг. *Жымысқы, ұры.*

**ЕМЕСКІ** сын. *Көмескі, болар-болмас.*

**ЕМЕСКІ=** ет. сөйл. ***Емексі.***

**ЕМЕСКІЛЕУ** сын. *Көмескілеу, болар-болмас.*

**ЕМЕСКІТ=** ет. сөйл. ***Емексіт.***

**ЕМЕСІН** зат. *Үміт, дәме.*

**ЕМЕТАЙ: еметайы езілді [еріді].** *Елжіреді, ынтықты, құмартты.*

**ЕМЕУРІН** зат. **1.** *Бет-ауыздың қимылы, ишара.* **2.** *Мақсат, ниетті аңғартатын тұспал сөз, нышан.*

**Емеурін білдірді [жасады, танытты].** *Ой-ниетін, түпкі мақсатын аңғартты, тілек етті.*

**ЕМЕУРІНДЕ=** ет. *Емеурін байқату, таныту.*

**ЕМЕУРІНДІ** сын. *Ойлы, ниетті, мақсаты бар.*

**ЕМЕУРІНСІЗ** сын. *Біреудің қалау-ықыласынсыз, ықтиярынсыз.*

**ЕМЕУРІНСІТ=** ет. *Тұспалдап айту, ишара білдіру.*

**ЕМЕУСІН** зат. жерг. ***Емеурін.***

**ЕМЕУСІРЕТ=** ет. сөйл. ***Емеурінсіт.***

**ЕМЕУІР** зат. сөйл. ***Емеурін.***

**ЕМЕШЕ: емешесі құрыды [құрады, құлады].** *Қатты ынтықты, жүрегі елжіреді, құштар болды.*

**ЕМЕШЕЙ: емешейі езілді.** сөйл. ***Емешегі езілді.***

**ЕМЕШЕК: емешегі езілді [құрыды, үзілді].** *Ет жүрегі езілді, ынтықты, құмартты.*

**ЕМКӘНІ** зат. ескікіт. *Мүмкіндігі.*

**ЕМКЕКІРЕ** зат. өс. *Емдік қасиеті бар кекіре түрі.*

**ЕМКӨС** зат. жерг. ***Емші.***

**ЕМЛЕ** [ар. إملاء]. зат. *Орфография, дұрыс жазу және оның ережесі.*

**ЕМЛЕЛІК** сын. *Емлеге қатысты, емлемен байланысты.*

**ЕММАТ** [ар. همة] зат. ескікіт. *Еңбек, тіршілік, қызмет.*

**ЕММӘТ** зат. сөйл. ***Еммат.***

**ЕМПЕЛЕКТЕ=** ет. сөйл. *Елпелектеу, бәйек болу.*

**ЕМПЕЛЕҢ: емпелең қақты.** сөйл. ***Елпең қақты.***

**ЕМПЕЛЕҢДЕ=** сөйл. ***Елпелекте.***

**ЕМПЕҢ:** елік. *Елпең, елпеңдеген қысқа қимылды бейнелейтін сөз.* **Емпең қақты.** сөйл. ***Елпең қақты.***

**ЕМПЕҢДЕ=** ет. сөйл. **1.** *Елпектеу, емпең қағу.* **2.** ауыс. *Жаны қалмау, құрақ ұшу.*

**ЕМПЕҢДЕТ=** ет. *Елпелектету, елпеңдету; бас игізу.*

**ЕМПЕҢДЕТУ** *Емпеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМПЕҢ-ЕМПЕҢ** елік. *Елпеңдеген, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ЕМПІР** зат. жерг. *Тұмауратқанда, суық тигенде ішетін шөптен жасалған домалақ дәрі.*

**ЕМСЕ=** ет. көне. *Аңсау, сағыну.*

**ЕМСЕК** зат. *Емші, шипагер, тәуіп.* // *Ем жасайтын, шипалы.*

**ЕМСЕКТЕ=** ет. көне. *Ептеп-септеу, амалдау.*

**ЕМСЕКТІК** зат. *Емшілік, шипалық.*

**ЕМСІЗ** сын. **1.** *Ем-домсыз, дәрі-дәрмексіз, ем қолданбай.* **2.** ауыс. *Дауасыз, амалсыз, шарасыз.*

**ЕМСІН=** ет. *Елту, көңілі босау.*

**ЕМТИХАН** [ар. إمتحان] зат <лат. examen> **1.** *Белгілі бір пән бойынша білім дәрежесін анықтайтын сынақ.* **2.** ауыс. *Сынау, байқау, тексеру.*

**Емтихан алушы.** <лат. examinator> *Емтихан қабылдап, тапсырушыларға баға қоятын оқытушы.* **Емтихан тапсыртты.** пед. *Сынақтан өткізді, емтихан алып, тексерді.* **Емтихан тапсыру.** пед. *Емтихан арқылы білімін, тексертту сынақтан өту.*

**ЕМТИХАНДЫҚ** сын. *Емтиханға арналған.*

**ЕМТИХАНСЫЗ** сын. *Емтихан тапсырмай, сынақсыз.*

**ЕМТИХАНШЫ** зат. сөйл. *Емтихан алатын адам, емтихан қабылдаушы.*

**ЕМТІКЕН** зат. өс. <лат. alfredia> *Жуан тамырсабағынан бірнеше тік сабақтары шығып, қалың жапырақтарының ұшы сүйірлеу, тұмсық тәрізді болып келетін, сары түсті гүлдері жиналып, себет гүлшоғырын құрайтын, күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕМУ** *Ем етістігінің қимыл атауы; сүт, уызды еркімен және тілмен сору, қоректену.*

**ЕМУШІ: сүт емуші.** сөйл. ***Сүтқоректі.***

**ЕМХАНА** зат. **1.** мед. <грек. polis - қала, klinike - емдеу *Аурулар барып-келіп емделетін аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме.* **2.** сөйл. *Аурулар жатып емделетін орын, ауруxана.*

**ЕМХАНАЛЫҚ** сын. *Емханаға тән, емханаға қатысты.*

**ЕМШЕК** зат. **1.** *Сүт қоректі жан-жануардың сүт жиналатын мүшесі.* **2.** анат. <лат. mamma> *Әйел адамдардың кеуде тұсының екі жерінен шығыңқы, томпайып келген мамасы.* **3.** *Адамның кеуде тұсы.*

**Емшегі иіді.** *Емшегінен сүт саулады.* **Емшегін [емшектің сүтін] көкке сауды.** этн. *Шешесі баласын қарғады, күдерін үзді.* **Емшек баласы.** *Бір, бір жарым жасқа дейінгі емшек еметін бала.* **Емшекке жармасты.** *Емшекті бас салды, тартып емгісі келді.* **Емшек табы [сүті] аузынан [ернінен] кетпеген [кеппеген].** а) *Тым жас, балғын.* ә) *Шалағай, тәжірибесіз.* **Емшектен шығарды.** *Анасы сәбиін емізуді қойып, тамаққа үйретті.* **Емшектен шықты.** *Бөбек емшек ембейтін болды.* **Емшектің қатерлі ісігі.** мед. *Сүт безінде болатын қатерлі ісік, сүт безінің рагы.*

**ЕМШЕКТЕГІ: емшектегі бала [балапан].** *Емшек еметін, емшектен шықпаған бала.*

**ЕМШЕКТЕЙ** сын. *Емшек тәрізді, емшек сияқты.*

**ЕМШЕКТЕН: қыз емшектенді.** *Қыз емшегі сияқтанды, қыздың емшегіне ұқсады.*

**ЕМШЕКТЕС** сын. *Бір емшекті еміскен, бір анадан туған, ет бауыр туыс.*

**ЕМШЕКТІ** сын. **1.** *Емшегі бар.* **2.** ауыс. *Бұрлі, бедерлі.*

**ЕМШЕКТАРТҚЫШ** зат. ***Төстартқыш*** *(әйелдердің кеуде тұсының жинақы, сәнді көрінуі үшін пайдаланылатын ішкиімнің бір түрі).*

**ЕМШЕН** з а т . ө с . *Таулы, тастақ жерлерде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕМ-ШИПА** з а т . *Дәрі-дәру.*

**ЕМШЫРМАУЫҚ** з а т . ө с . <лат. periploca> *Түйе шырмауық тұқымдасына жататын сабағы шырмалып, не тік өсетін бұта.*

**ЕМШІ** з а т . **1.** э т н . *Өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, емдеу ісімен айналысатын адам.* **2.** *Емдеуші, дәрігер.* **3.** а у ы с . *Қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілтуші.*

**ЕМШІДЕЙ** с ы н . *Емші тәрізді, емші сияқты.*

**ЕМШІ-ДОМШЫ** з а т . *Халық емшілігіне сүйеніп, түрлі ауруларды емдеуші, ем-дом жасаушы.*

**ЕМШІЛІК** з а т . *Емдеу жұмысы, дәрігерлік. // Ем-дом жасау.*

**Емшілік өлеңдер.** *Ем-домға арналған өлеңдер.*

**ЕМІЗ=** е т . **1.** *Емшек сүтін беру, емдіру.*

**ЕМІЗГЕКТЕТ=** е т . *Асықпай ұзаққа созып отырып алу.*

**ЕМІЗДІК** з а т . с ө й л . ***Емізік.***

**Еміздік бота.** *Еміздік арқылы қолдан сүт беріп өскен бота.*

**ЕМІЗДІКСІЗ** с ы н . с ө й л . ***Емізіксіз.***

**ЕМІЗДІКТЕ=** е т . с ө й л . ***Емізікте.***

**ЕМІЗДІР=** е т . *Емшек сүтін бергізу, емізу.*

**ЕМІЗУ** *Еміз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІЗУЛІ** с ы н . **1.** *Емшектегі, еметін.* **2.** *Еметін баласы бар.*

**ЕМІЗІК** з а т . **1.** *Жас баланы, төлді қолдан емізу үшін пайдаланылатын резеңке немесе сойылған саулықтың желін ұрпінен жасалған түтік.* **2.** *Емшек, емшектің ұшы.*

**ЕМІЗІКТАМЫР** з а т . б о т . *Кейбір өсімдік тамырларында пайда болатын паразит.*

**ЕМІЗІКТЕ[1]=** е т . *Шүпілдеп толу, лықылдау, иіндеу.*

**ЕМІЗІКТЕ[2]=** е т . *Сыздықтату.*

**ЕМІЗІКТЕН=** е т . *Лықа толу, шүпілдеу.*

**ЕМІЗІКТЕУ** *Емізікте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІЗІКТІ** с ы н . *Емізігі бар.*

**ЕМІЗІКШЕ[1]** з а т . а н а т . *Терідегі түк орналасқан бүртіктер.*

**ЕМІЗІКШЕ[2]** з а т . *Емізіктің кішірейтіп айтылуы, кішірек емізік.*

**ЕМІЗІКШЕ[3]** з а т . ө с . ***Төскейшөп*** *(шөл, сортаң жерлерде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ЕМІЗІКШЕ[4]** ү с т . *Емізік сияқты, емізікке ұқсас.*

**ЕМІЗІЛ=** е т . *Сорғызылу, сорып ішкізілу.*

**ЕМІЗІЛУ** *Емізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІК** з а т . с ө й л . ***Емізік.***

**ЕМІКДЕШ** з а т . е с к і к і т . *Дос.*

**ЕМІКСІТ=** е т . с ө й л . ***Емексіт.***

**ЕМІЛ=** е т . *Сорылу, сорып ішілу.*

**ЕМІЛЕ[1]** з а т . с ө й л . *Ымыра, келісім, мәміле.*

**ЕМІЛЕ[2]** з а т . с ө й л . ***Емле.***

**ЕМІН[1]=** е т . **1.** *Ентелеу, киіп-жару, төну.* **2.** *Кимелеу, қыстырылысу.* **3.** а у ы с . *Қиылып сұрау, жалынып-жалпаю, өтіну, тілемсектену.* **4.** а у ы с . *Төменшектеу, біреуге жалынышты, басыбайлы болу.* **5.** а у ы с . ж а ғ ы м с ы з . *Телміру, ұздігу.* **6.** а у ы с . ж а ғ ы м д ы . *Ынтығу, ерекше ықылас қою.*

**Еміне ентеледі.** *Барын сала, жан-тәнімен кимеледі, ұмтылды.*

**ЕМІН[1]: емін де еркін.** с ө й л . ***Емін-еркін.***

**ЕМІНДІР=** е т . *Ынтықтыру, асық қылдыру.*

**ЕМІНДІРУ** *Еміндір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІН-ЕРКІН** ү с т . **1.** *Керегінше, мейлінше, барынша, толығымен.* **2.** *Барынша, қысылмай, еш тосылмай, қымтырылмай.* **3.** *Ешқандай бөгетсіз, тосқауылсыз, басынып, өз білгенінше.* **4.** *Асығыссыз, аспай-саспай баппен.* **5.** *Ешбір қағажу көрмей, бетімен; бос, қиналмай.* **6.** *Иесіз, өзі қожа, өзі би, өзіне өзі қожа, бос жіберілген.*

**Емін-еркін қауышты.** *Ғашық адамдардың кездесіп, табысуы.* **Емін-еркін сыйды.** *Ешбір қиындықсыз кірді, еркін отырды.*

**ЕМІНСЕК** с ы н . с ө й л . ***Еміншек.***

**ЕМІНТ=** е т . **1.** *Ентелету, киіп-жарғызу.* **2.** а у ы с . *Қиылту, жалынтып-жалбарту.* **3.** *Еліктіру, тәуелді қылу.*

**ЕМІНТУ** *Емінт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІНУ** *Емін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ентелеу, соңында жүру.* **2.** а у ы с . *Қиылу, жалынышты болу.*

**ЕМІНШЕК** с ы н . *Сұрамсақ, тілемсек, емінгіш.*

**Еміншек бота.** *Желіндемей боталаған інгеннің ботасы.*

**ЕМІНШЕКТІК** з а т . *Тілемсектік, сұраншақтық, емінгіштік.*

**ЕМІРЕН=** е т . **1.** *Жақсы көріп мейірлену, тебірену, сүйсіну.* **2.** *Мейір сұрау, ынтықтығын күту.* **3.** а у ы с . *Жақындау, жанасу.*

**ЕМІРЕНГІШ** с ы н . *Мейірімді, бауырмал, көңілшек.*

**ЕМІРЕНТ=** е т . *Мейірленту, сүйсіндіру.*

**ЕМІРЕНТУ** *Емірент етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІРЕНУ** *Емірен етістігінің қимыл атауы; мейірлену, сүйсіну.*

**ЕМІРЕНІС=** е т . *Мейірленісу, жақсы көрісу, сүйсіну.*

**ЕМІРЕНІСУ** *Еміреніс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕМІРКЕН=** е т . с ө й л . ***Емірен.***

**ЕМІРКЕНУ** *Еміркен етістігінің қимыл атауы; мейірлену.*

**ЕМІРІЛ**: **ерні емірілді**. *Ерні икемге келмеді, зорға қозғалды.*

**ЕМІРІН=** е т . с ө й л . ***Емірен.***

**ЕМІС** ү с т . *Болар-болмас, естілер-естілмес.*

**Емісі тепті.** *Сәл-сәл нышанасы білінді.*

**ЕМІС=** е т . *Бірге ему.*

**ЕМІС-ДЕМІС** ү с т . с ө й л . ж е р г . ***Еміс-еміс.***

**ЕМІС-ЕМІС** ү с т . **1.** *Ақырын, жай, әзер, баяу.* **2.** *Көмескі, шала-пұла, әзер-мәзер, сәл-пәл.* **3.** *Ара-тұра, оқта-текте, анда-санда, арагідік, әлсін-әлсін.*

**ЕМІСКІ** ү с т . с ө й л . ***Емескі.***

**ЕМІСТЕУ** с ы н . *Көмескі, шала-пұла.*

**ЕМІСУ** *Еміс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕН[1]** з а т . **1.** *Заттың я бір нәрсенің көлденеңінің кеңдігі, жалпақтығы.* **2.** *Мата, алаша, таспа, т.б. сияқты заттардың көлденеңі.*

**ЕН[2]** з а т . *Малдың құлағына салатын белгі, таңба.*

**Ен салды.** а) з о о л . *Жануарлар тіршілігіне байланысты зерттеулер жүргізу үшін олардың кейбір өкілдеріне арнайы таңба, металдан жасалған сақина т.б. түрдегі белгі салды.* ә) *Малдың біреудің меншігі екендігін білдіру үшін және екінші біреудікінен ажыратып тану үшін құлағына пышақпен кесіп, тесіп, белгі салды.* б) э т н . *Атады, меншіктеп қойды.* **Ен салу.** м а л ш а р . *Малдың қай шаруашылыққа немесе қай топқа, иесіне т . б. қатысты екенін білдіріп тұру үшін оның құлағына немесе денесіне көрінетін етіп белгі жасап қою.* **Ен тағу.** м а л ш а р . ***Ен салды.*** **Ен тақты.** *Белгі салды, меншіктеді, иеленді.*

**ЕН[3]** з а т . **1.** *Малдың аталық безі.* **2.** б и о л . <лат. testis> ***Аталық без*** *(аталық жыныс жасушалары – спермийлердің дамуы мен жетілу процесі жүретін және аталық жыныс гармоны түзілетін жұп жыныс безі).*

**Еннің бауы.** с ө й л . ***Енбау*** *(малдың немесе адамның аталық жыныс безімен байланысқан бұлшық ет, қан және жүйке тамырлары).* **Еннің бүйегі.** в е т . *Аталық малдың жыныстық безінің бірі.* **Еннің үлпершегі.** в е т . *Жылқыға тән жыныс сырқаты.*

**ЕН[4]** с ы н . *Кең, ұшы-қиырсыз, шетсіз.*

**Ен байлық.** *Мол қазына, қыруар мал-мүлік.* **Ен дала.** а) *Құла түз, жапан дала.* ә) *Ұшы-қиырсыз, тегіс жазық жер.* **Ен дүние.** *Ұшы-қиыры жоқ, шексіз-шетсіз әлем.* **Ен дәулет.** *Есепсіз байлық, молшылық.* **Ен жайлады.** *Еркін иелік етті, емін-еркін өсіп-өнді, кең жерді алып жатты, қоныстанды.* **Ен жайлау.** *Жазғы кең қоныс.* **Ен жатқан ел.** *Кең байтақ жерде бейбіт жатқан халық.* **Ен жер.** *Мол жатқан алқап, кең дала.* **Ен қоныс.** *Кең, самарқау жатқан шұрайлы мекен, алқап.* **Ен табыс.** *Мол кіріс, байлық.* **Ен тегін.** *Көл көсір, ақысыз, молынан жатқан.* **Ен тоғай.** *Қалың, ну өскен тоғай.*

**ЕН=** е т . **1.** *Ішке, бөлмеге, ғимаратқа т.б. кіру, есіктен өту, сұғыну.* **2.** *Бір нәрсенің арасына кіру.* **3.** *Көрінбей кету, бату, сіңу.* **4.** *Араласу, қатысу, ішінде болу.* **5.** *Қосылу, пайда болу, кірігу.* **6.** а у ы с . *Ауысу, өсу, өту.* **7.** а у ы с . *Қолданылу, жүзеге асу, кәдеге жаратылу.*

**ЕНАМИНДЕР** з а т . б и о л . *Молекулаларындағы азот атомы көрші көміртек атомымен қос C=C байланыспен қосылған көміртек атомы арқылы байланысқан а, в-қанықпаған аминдер.*

**ЕНБАУ** з а т . а н а т . в е т . *Малдың немесе адамның аталық жыныс безімен байланысқан бұлшық ет, жүйке қан тамырлары.*

**ЕНГІЗ=** е т . **1.** *Кіргізу, өткізу.* **2.** *Қосу, тіркеу.* **3.** а у ы с . *Іске асыру, атқару.*

**ЕНГІЗБЕ: енгізбе шұқыршақ.** к е н . *Шегендерді сұғып қоятын шұқырлар.*

**ЕНГІЗГІШ** з а т . т е х . *Енгізе алатын, кіргіш зат.*

**ЕНГІЗДІР=** е т . *Кіргіздіру, қосылттыру.*

**ЕНГІЗДІРУ** *Енгіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНГІЗУ** *Енгіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қосу, кіріктіру, кіргізу.* **2.** а у ы с . *Қолданысқа кіргізу, тәжірибеге пайдалану.* **3.** а у ы с . *Құру, ұйымдастыру, іске қосу.*

**Енгізу жылдамдығы.** и н ф . <ағыл. speed of input> *Уақыт бірлігінде саналған мәліметтер бірлігінің саны.* **Енгізуге дейінгі жүктеуіш.** и н ф . *<ағыл. bootstrap loader> Енгізуге дейінгі бағдарламаларын жүктеуге қолданылатын машиналық амалдарды қамтитын стандарттық бағдарлама.* **Енгізу клапаны.** т е х . *Газ не сұйықтықты ішке кіргізуге арналған клапан.* **Енгізу құрылғысы.** и н ф . <ағыл. input device; devices an entering> а) *Есептеу машинесіне бастапқы мәліметтер мен есеп шешетін бағдарламаларды енгізуге арналған құрылғы.* ә) *Ақпаратты адамға да, компьютерге де түсінікті етіп түрлендіру мен өңдеуге қолайлы құрылғы.* б) *Мәліметтерді, бағдарламаларды, сигналдарды процессорға беретін құрылғы.* **Енгізу операторы.** и н ф . <ағыл. input statement> *Мәліметтерді сыртқы жадтан негізгі жадқа жеткізуді анықтайтын және оларды бағдарламаға қатынас құруға мүмкіндік жасайтын бағдарламадағы оператор.* **Енгізу операциясы.** и н ф . <ағыл. input operation>

*Мәліметтерді сыртқы жадтан немесе шалғай құрылғылардан негізгі жадқа жеткізетін компьютер әрекеттерінің жиынтығы.* **Енгізу пернесі.** инф. <ағыл. enter key> а) *Терілген сөз тіркесін немесе бұйрықты компьютердің жадына енгізу үшін қажет перне.* ә) *Пернетақтадағы сол жаққа қараған тік бұрышты бағыттауыш бейнесі бар, ең үлкен перне.* **Енгізу режимі.** инф. <ағыл. input mode> *Мәліметтерді енгізу тәсілі.*

**ЕНГІЗУ-ШЫҒАРУ** зат. инф. <ағыл. input-output> **1.** *Компьютерге енгізілетін немесе одан шығарылатын электрлік сигналдар түріндегі ақпарат.* **2.** *Екі құрылғы арасындағы мәліметтер алмастыру.* **3.** *Сыртқы құрылғылар мен негізгі жад арасындағы мәліметтер алмасу процесін сипаттауға арналған жалпы термин.*

**Енгізу-шығару арнасы.** инф. <ағыл. input-output channel> *Компьютердің жедел жады мен шалғай құрылғыларының арасында мәліметтер алмасу үшін пайдаланылатын техникалық құрылғылардың жиынтығы.* **Енгізу-шығару блогі.** инф. <ағыл. input-output block> *Компьютерлердің біртұтас жүйесінде басқару блоктарының адресі мен арналық бағдарлама туралы ақпараты бар әрі пайдаланушы бағдарламасының басқа жүйелермен байланысын анықтауға қолданылатын кесте.* **Енгізу-шығару диспетчері.** инф. <ағыл. input-output manager> *Енгізу-шығару жүйесінің әртүрлі бөлшектерін біріктіретін атқару жүйесінің құрауышы.* **Енгізу-шығарудың базалық жүйесі.** инф. <ағыл. bace input-output system (BIOS)> **1.** *MS DOS операциялық жүйесі модульдерінің бірі.* **2.** *Компьютердің тұрақты жадында тұратын әрі дербес компьютерді жеткізіп беру кешеніне кіретін қысқа аппараттық-тәуелсіз бағдарлама.***3.** *Тұрақты жадта сақталатын және есептеуші жүйенің бөлігі болып саналатын әрі дербес компьютердің кейбір басқару қызметін сүйемелдейтін бағдарламалық жасақтаманың бөлігі.* **Енгізу-шығаруды буферлеу.** инф. <ағыл. buffered input-output, spooling> а) *Енгізу-шығаруды ұйымдастыру тәсілі.* ә) *Мәліметтерді уақытша орналастыру үшін буферлік аймақты пайдалануға негізделген мәліметтерді енгізу-шығару.* б) *Процессор мен сыртқы құрылғы алмасатын мәліметтерді уақытша сақтау процесі.* **Енгізу-шығару интерфейсі.** инф. <ағыл. input-output interface> *Компьютерге шалғай құрылғылар қосу үшін қолданылатын интерфейс.* **Енгізу-шығару құрылғыларын үлестіру.** инф. <ағыл. sharing the device an entering-conclusion> *Микропроцессорлық техника архитектурасында енгізу-шығару командалары қарастырылатын процессорлармен сыртқы құрылғыларды орналастыру үшін қолданылған әдіс.* **Енгізу-шығару құрылғысы.** инф. <ағыл. input-output device> а) *Сыртқы объектінің немесе оператор-адамның есептеу жүйесімен, есептеу мәшинесімен ақпарат қабылдауды немесе жеткізуді жасақтау үшін пайдаланылатын аппараттық жабдықтың бөлігі.* ә) *Компьютердің жедел жады мен шалғай құрылғы арасында мәліметтер алмасуды жасақтайтын құрылғы.* **Енгізу-шығару операциясы.** инф. *Компьютер жады мен кез келген енгізу-шығару құрылғысы арасында ақпарат алмастыру.* **Енгізу-шығару процессоры.** инф. *Шалғай құрылғылардан жадқа ақпарат енгізу-шығару операциясын басқаратын және енгізу-шығаруды басқарудың (шалғай құрылғы түрінен тәуелсіз) жалпы функцияларын жүзеге асыратын процессор.* **Енгізу-шығару регистрі.** инф. <ағыл. register an entering-conclusion> *Енгізу-шығару құрылғылары мен бас компьютер арасында мәліметтер алмасу процесінде қолданылатын регистр.* **Енгізу-шығару супервизоры.** инф. <ағыл. supervisor of input-output, EXCP-supervisor> *Енгізу-шығару процедураларының атауын анықтау мен аяқтауды, сондай-ақ енгізу-шығару құралдарының қалып-күйін бақылауды жүзеге асыратын операциялық жүйені басқаратын бағдарлама.* **Енгізу-шығару үзілімі.** инф. <ағыл input-output interrupt> *Әрбір енгізу-шығару операциясын орындау аяқталғанда болатын үзілім.* **Енгізілу-шығару шинасы.** *Бірнеше енгізу-шығару құрылғыларын параллель қосуға болатын шина.*

**ЕНГІЗУШІ** зат. *Кіргізуші, орнықтырушы; тәжірибеде іске асырушы.*

**ЕНГІЗІЛ=** ет. *Кіргізілу, ішке қойылу.* **2.** *Қосылдырылу, қатарға алыну, орнықтырылу.* **3.** ауыс. *Тіркеліну, тізімге, есепке кіргізілу.* **4** ауыс. *Жүзеге асырылу, пайдалану.*

**ЕНГІЗІЛУ** *Енгізіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қолданысқа кіргізілу, пайдалану.* **2.** *Іске қосылу, жүзеге асырылу.*

**ЕНГІЗІЛІМ** зат. жаңа. **1.** *Ғылым мен өнертапқыштағы жаңалықтарды өндіріске енгізу.* **2.** *Шетел тәжірибесінен өткен қоғамдық, саяси өзгерістерді елде, қоғамда қолдану.*

**ЕНДЕ[1]=** ет. **1.** *Тереңдеу, бойлау, кеулей кіріңкіреу.* **2.** *Кең қанат жайып даму, өрістеу, өркендеу.* **3.** ауыс. *Асқыну, дендеу.*

**ЕНДЕ[2]=** ет. *Ен салу, иемдену, меншіктену.*

**ЕНДЕ[3]=** ет. **1.** *Бір заттың белгілі кеңістікке көлденеңінен, жалпағынан сыйып орналасуы.* **2.** *Кеңейтіп, созу, ұзарту, үлкейту.*

**ЕНДЕЙ** үст. **1.** *Тұтас, бүтіндей, кесіліп-пішілмеген қалпынша.* **2.** *Тұтастай, кеңінен, молынан.*

**ЕНДЕНІП** үст. *Бір шама болып, едәуір.*

**ЕНДЕРЛІКТЕЙ** сын. сөйл. *Көлденеңінен сыярлықтай.*

**ЕНДЕС** сын. *Таңбалас, ен-таңбалары ұқсас, бірдей.*

**ЕНДЕТ=** ет. *Бойлату, өрістету.*

**ЕНДЕТУ** *Ендет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНДЕУ** *Енде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНДЕШЕ** шыл. **1.** *Олай болса.* **2.** *Не, немесе, я, яки.* **3.** *Білгің келсе, керек болса.* **4.** поэт. *Әдетте бірнеше рет қайталанған сөздердің арасында өлең ұйқасы үшін қолданылатын қыстырма мәнді күшейткіш сөз.*

**ЕНДІ[1]** үст. **1.** *Бұдан былай, осыдан кейін.* **2.** фольк. *Бірінен кейін бірі болған көп қимылды сипаттағанда, әсерін күшейту үшін әрқайсысынан кейін қолданылатын сөз.* **3.** *Жаңадан ғана, жаңа ғана.* **4.** *Тағы, тағы да, бұдан басқа.* **5.** *Нақ қазір, дәл осы кезде.* **6.** *Олай болса, әйтпесе.* **7.** сөйл. экспр. *Сонда, басқа деген мағынадағы қарсылық, сұраулық мәнде қолданылатын сөз.* **8.** сөйл. экспр. *Тіпті, тіптен, тегі.* **9.** сөйл. *Әрине, әлбетте, қалайда.* **10.** *Осымен, сөйтіп.* **11.** *Қайтадан, қайыра.* **12.** экспр. *Ал келіп, үдетіп.*

**Енді болмаса [болмағанда].** *Аз болғанда, сәл кідіргенде.* **Енді бүгін.** *Дәл қазір, осы кезде, бүгіндері.* **Енді бір.** *Тағы да, және де.* **Енді біразда.** *Сәлден соң, аз уақыттан кейін.* **Енді бірде**. *Тағы бірде, реті келгенде.* **Енді қайтып.** *Қайта айналып, екінші рет, тағы да.*

**ЕНДІ[2]** сын. *Көлденеңі көлемді, үлкен, кең; жап-жалпақ.*

**ЕНДІ[3]** сын. *Ені бар, ен салынған, таңбаланған.*

**ЕНДІГӘРІ** үст. *Бұдан былай, осыдан кейін, алдағы уақытта.*

**ЕНДІГІ** үст. **1.** *Келесі, алдағы, бұдан былайғы.* **2.** *Қазіргі, бүгінгі, осы кездегі.* **3.** *Осы кезге дейін, күні бүгінде.*

**Ендігі бір.** *Тағы да, кезектегі бір, келесі бір.* **Ендігі жыл.** *Келесі жыл.*

**ЕНДІ-ЕНДІ** үст. **1.** *Жаңада ғана, таяу арада, жақын мезетте.* **2.** *Жаңадан, осы кезден бастап.*

**ЕНДІК[1]** зат. **1.** *Заттың, дененің көлденеңі.* **2.** геогр. *Жер бетіндегі нүктенің орнын жер полюсіне қатысты анықтайтын географиялық координаталардың бірі.* **3.** мат. *Көлденең орналасқан координата.* **4.** *Жан-жақ, тұс-тұс.*

**Ендік қызметі.** геогр. *Географиялық ендіктің орнын жүйелі түрде анықтау қызметі.*

**ЕНДІК[2]** зат. көне. *Әйелдердің беттің ұшына қызартып жағатын сәндік бояуы.*

**ЕНДІЛЕУ** сын. **1.** *Көлденеңі үлкендеу, жалпақтау, кеңдеу.* **2.** ауыс. *Жуандау, семіздеу, толықтау.*

**ЕНДІЛІК** зат. *Жалпақтық, кеңдік, көлденеңдік.*

**ЕНДІР[1]=** ет. **1.** *Кіріктіру, кіргізу.* **2.** ауыс. *Пайдалануға беру, қолдану, іске қостыру.* **3.** ауыс. *Жаулап алғызу, жаулату.*

**ЕНДІР[2]=** ет. қолөнер. *Енін үлкейту.*

**ЕНДІРЕК** сын. *Енділеу, кеңдеу, жалпақтау.*

**ЕНДІРКЕ=** ет. сөйл. ***Ендіркеле.***

**ЕНДІРКЕЛЕ=** ет. *Киіп-жару, өктемсу, еркінсу.*

**ЕНДІРКЕЛЕУ** *Ендіркеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНДІРМЕ[1]** зат. этн. қолөнер. *Бір басы үшкір үшбұрыш түріндегі геометриялық өрнектің аты.*

**ЕНДІРМЕ[2]** зат. ғыл. *Жеке авторлардың шаруашылықтың, тұрмыстық қызметтің түрлі салаларында пайда беретін жаңалығы.*

**ЕНДІРМЕ[3]** зат. мат. *Берілген бұрышты теңдей үшке бөлу үшін қолданатын математикалық әдіс.*

**ЕНДІРУ** *Ендір етістігінің қимыл атауы; қолдандыру.*

**ЕНДІРІЛ=** ет. **1.** *Кіргізілу, ішке тартылу.* **2.** *Тіркелу, есепке алыну, қосылу.* **3.** ауыс. *Қолданылу, пайдаға асырылу.*

**ЕНДІРІЛУ** *Ендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНЕ** зат. **1.** этн. *Ерлі-зайыптылардың шешелерін білдіретін туысқандық атау.* **2.** *Аң, мал төлінің аналығы.* **3.** көне. *Баланың анасы, шеше.* **4.** ауыс. *Асыраушы, өсіріп-өндірген жеткізуші, өмір, азық көзі.*

**Ене бауырындағы құлындай.** бейн. *Тым жақын, әрдайым жанында.* **Енеден екі туды.** *Дүниеге қайта келгендей болды.* **Ене көрген.** *Үлгі-өнеге көрген, ата-ананың тәлім-тәрбиесін алған.* **Ене қасқыр.** *Қаншық қасқыр, құртқа.* **Ене мен келіндей.** а) жағымды. *Бірі үлкен, бірі жас, сырлас, сыйлас әйелдерше.* ә) жағымсыз. *Бірі үлкен, бірі жас бір ошаққа таласқан міншіл әйелдерше.* **Енесіне асыққан құлындай.** бейн. *Аңсары ауып, ентелеген, алды-артына қармай аптыққан күйдегі.* **Енесіне ентелеген ботадай.** *Анасының бауырына ұмтылған бота тәрізді.* **Енесінен айырды.** *Төлді енесінен бөліп, енесін суалтты.* **Енесінен жаңа туғандай.** бейн. *Тап-таза, жайнап тұрған, кір шалмаған.* **Енесін көрген қозыдай.** бейн. *Жамырасып, шуласқан деген мағынада.* **Енесін ұрайын [ұрды].** бейпіл. *Біреуге немесе бір нәрсеге қатты ашуланғанда айтылатын, тіл тигізу, боқтау сөз.*

**ЕНЕНҒАРА-АЙ** од. жерг. *«Ананы қарай көр» деген одағай сөздің кіріккен түрі.*

**ЕНЕДЕЙ** сын. *Ене сияқты, ене тәрізді.*

**ЕНЕЖАП** зат. жерг. *Үлкен арық.*

**ЕНЕК** зат. қарап. ***Ен*** *(адамның, жан-жануарлардың аталық безі).*

**ЕНЕКЕ**[1] зат. көне. **1.** экспр. *Шешетай, шешеке деген мағынадағы анасын еркелету, құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Анасын еркелету, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЕНЕКЕ**[2] зат. **1.** зоол. <лат. bubalus> *Жұптұяқтылар отряды қуысмүйізділер тұқымдасына жататын күйіс қайыратын сүтқоректі жануар.* **2.** *Сиыр, бұзаулаған сиыр.*

**ЕНЕКӨКІРЕК** сын. жерг. *Азғантай, азын-аулақ, аз-маз.*

**Енекөкірек етті.** жерг. *Талшық етті, азық етті.*

**ЕНЕЛІ** сын. *Енесі бар.*

**ЕНЕЛІ-КЕЛІНДІ** сын. *Бірі ене, бірі келін, енесі және келіні қоса.*

**ЕНЕПАЙ** сын. жерг. *Қыруар, көп.*

**ЕНЕТАЙ** зат. экспр. *Туған шешесінен немесе енесінен бір нәрсені өтініп сұрағанда құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЕНЕШ** зат. сөйл. *Енетай, енеке.*

**ЕНЖАР** сын. **1.** *Ықылассыз, ниетсіз, ынтасыз, салғырт (қатынас).* **2.** *Селқос, сүлесоқ, делсал (күй). // Ниетсіз, ынтасыз адам.*

**Енжар иммунитет.** мед. *Ағзаға бөгде денелер еккеннен кейін пайда болып, ұзақ мерзімге дейін сақталмайтын ағзаның жүре пайда болған қорғаныштық қасиеті.* **Енжар иммунитеттеу.** мед. *Қанға не қан сарысуына қосылған арнайы препараттарды тері астына, ет астына не көктамырға егу арқылы ағзада жасанды иммунитет туғызу.*

**Енжар көңіл**. *Ықылассыз, ынтасыз, амалсыз пейіл, ниет.* **Енжар қалдырмады**. *Бейтарап қалдырмады, ойландырды, көңіл бөлді.* **Енжар қарады.** *Қалай болса солай істеді, ниетсіз болды.* **Енжар қарау.** *Салғырттық көрсету, қалай болса, солай істеу, ниетсіз болу.* **Енжар қорғаныс.** әск. *Нысаналарға қарай ұшқан зымырандарды ұстау жөніндегі «белсенді» шаралардан азаматтық және әскери нысаналарды сол нысаналардың өздерін өзгерту арқылы ерекшеленетін қорғаудың түрі.* **Енжар радиолокация.** әск. *Нысананың өзінен тікелей шығатын және оған сыртқы кеңістіктен және басқа көздерден түсетін энергияда бейнелейтін, жиілігі өте жоғары электрмагнитті қабылдау негізінде нысананың орнын табу және анықтау әдісі.*

**ЕНЖАРЛАН=** ет. **1.** *Селқостану, марғаулану, сүлесоқ күйге түсу, көңілсіздену.* **2.** *Салғырт қарау, ынтасыздану.*

**ЕНЖАРЛАНУ** *Енжарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНЖАРЛАС=** ет. *Бір-бірін іштей жаратпау, бір-біріне ниетсіз болу.*

**ЕНЖАРЛАСУ** *Енжарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНЖАРЛАТУ** зат. тех. *Металдарды тат басудан сақтау үшін олардың беттерін оксидтермен қаптау.*

**ЕНЖАРЛАУ** сын. *Селқостау, сүлесоқтау, көңілсіздеу.*

**ЕНЖАРЛАУ** ет. хим. **1.** *Металдарды жемірілуден сақтау үшін олардың беттерін оксидтермен қаптау.*

**ЕНЖАРЛАУШЫЛАР** зат. хим. *Енжарлауға қажетті агенттер; негізгілері - тотықтырғыштар.*

**ЕНЖАРЛЫҚ** зат. **1.** *Селқостық, сүлесоқтық, керенаулық, самарқаулық.* **2.** *Қамсыз-қаракетсіздік, бейқамдық, бейжай болушылық, салғырттық.* **3.** *Еш нәрсеге зауқы болмаушылық, еріншектік.* **4.** *Шаршағандық, қуаты кеткендік, жасы келгендік.* **5.** псих. <лат. passivus> *Адамның белсенділікке қарама-қарсы қасиеттерінің бірі.*

**ЕНЖАРМА** зат. *Бір жарым еннен тұратын зат.*

**ЕНЖАР-МАРҒАУ** сын. *Салғырт-селқос, самарқау.*

**ЕНЖЕР** сын. сөйл. ***Енжар.***

**ЕНЖУ** зат. **1.** сөйл. ***Інжу.*** **2.** ауыс. *Бір нәрсенің ең жақсысы, қадірлісі, бағалысы.*

**ЕНЖУДЕЙ** сын. сөйл. ***Інжудей.***

**ЕНЖУ-МАРЖАН** зат. сөйл. ***Інжу-маржан.***

**ЕНЖҰРҒА** зат. сөйл. ***Ұнжырға.***

**ЕНЖІЛ** зат. діни. сөйл. ***Інжіл.***

**ЕНИНДЕР** зат. хим. *Құрамында бір және қос бір үш байланыс болатын қанықпаған көмірсутектер.*

**ЕНҚАП** зат. анат. *Аталық жыныс безінің, оның қосымшасының орналасқан қабығы.*

**ЕНОЛАЗА** зат. хим. *Нәруыз, ағзадағы көмірсулардың ыдырауын катализдейтін фермент.*

**ЕНОЛДАР** зат. хим. *Гидроксил тобы көміртек-көміртекті қос байланыста орналасқан органикалық қосылыстар.*

**ЕНСІЗ**[1] сын. *Ені тар, қысқа, көлденеңі тар.*

**Енсіз жапырақты кассия.** өс. *Жапырақтары мен жемісі іш айдайтын дәрі жасауға пайдаланылатын бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік түрі.*

**ЕНСІЗ**[2] сын. *Белгі-таңбасыз, ені жоқ, ен салынбаған.*

**ЕНСІЗДЕУ** сын. *Ені тарлау, енсізірек.*

**ЕН-ТАҢБА** зат. *Ерекшелейтін шартты белгілер.*

**Ен-таңба салды.** *Белгіледі, таңбалады.*

**ЕНТАҢБА** зат. инф. <ағыл. label> *Бағдарламалау тілдерінде команданың сәйкестендірушісі (идентификаторы).*

**Ентаңба блогі.** инф. <ағыл. label block> *Ентаңбасы бар магниттік тасуыш блок.* **Ентаңбаларды айырып тану.** инф. <ағыл. mark recognition> *Белгілі әдістер арқылы ентаңбаларды тасуыштан шығарып оқу.* **Ентаңбаларды өңдеу.** инф. <ағыл. label processing> *Пайдаланушымен немесе операциялық жүйемен іске асыратын томдағы ентаңбаны даярлау, толтыру және тексеру.* **Ентаңба өрісі.** инф. <ағыл. label field> *Ентаңбаны жазуға арналған стандартты бланк өрісі.*

**ЕНТАҢБАЛА=** ет. инф. <ағыл. formatting> *Қолғабыстың ақпаратты жазу арқылы тасуышты пайдалануға дайындау.*

**ЕНТАҢБАЛАУ** *Ентаңбала етістігінің қимыл атауы.*

**Ентаңбалауға арналған саңылау.** инф. <ағыл. sectoring hole> *Қажетті секторды анықтауға мүмкіндік беретін 5,25 дюймдік иілгіш дискідегі тесік.*

**ЕНТЕК** сын. сөйл. ***Әнтек.***

**ЕНТЕЛЕ=** ет. **1.** *Кимелеу, өзеуреу, киіп-жару.* **2.** *Асығу, аптығу.* **3.** ауыс. *Алыстан көрініп менмұндалау.*

**Ентелей түсті**. *Алға ұмтыла берді, кимеледі.* **Ентелей шықты**. *Тез, шапшаң көтерілді.*

**ЕНТЕЛЕН=** ет. *Кимелену, асығу.*

**ЕНТЕЛЕҢ: ентелең қақты**. *Ентелең-ентелең етті, елпелеңдеді.*

**ЕНТЕЛЕҢДЕ=** ет. *Ентелең қағу, киіп-жару.*

**ЕНТЕЛЕҢДЕУ** *Ентелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТЕЛЕҢКІРЕ=** ет. *Ұмтылыңқырау, килігіңкіреу.*

**ЕНТЕЛЕҢКІРЕУ** *Ентелеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТЕЛЕС=** ет. *Ұмтылысу, киіп-жарысу.*

**ЕНТЕЛЕСУ** *Ентелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТЕЛЕТ=** ет. **1.** *Кимелету, киіп-жарғызу.* **2.** ауыс. *Екпіндету, құйқылжыту, тамылжыту.* **3.** ауыс. *Жаналқымынан алу, бойды билеп, ерік бермеу.*

**ЕНТЕЛЕТУ** *Ентелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТЕЛЕУ** *Ентеле етістігінің қимыл атауы; киіп-жару.*

**ЕНТІГЕ-ЕНТІГЕ** үст. *Алқынып-аптығып, ентіккен үстіне ентігіп.*

**ЕНТІГУ** *Ентік етістігінің қимыл атауы, алқыну.*

**ЕНТІГУ** зат. сөйл. ***Ентікпе.***

**ЕНТІГУЛІ** сын. *Тынысын әрең алған, деміккен күйде.*

**ЕНТІГІҢКІ** сын. *Ентігіп-аптығыңқы, деміккен.*

**ЕНТІГІҢКІРЕ=** ет. *Аптығыңқырау, демігіңкіреу.*

**ЕНТІГІҢКІРЕУ** *Ентігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТІГІП-ДЕМІГУ** *Ентігіп-демік етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТІГІП-ДЕМІК=** ет. *Қатты алқыну, солығын баса алмау.*

**ЕНТІГІП-ТҰНШЫҒУ** *Ентігіп-тұншық етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНТІГІП-ТҰНШЫҚ=** ет. *Алқыну, демігу, тыныс алуы қиындау.*

**ЕНТІК=** ет. **1.** *Тез қозғалғаннан т.б. алқыну, демін зорға алу.* **2.** *Демігу, тынысы тарылу.*

**Ентіге шапты**. *Қатты жүріске салды, әбден алқындырды.* **Ентігін басты**. *Демін алды, алқынып-аптыққанын қойды.*

**ЕНТІКПЕ**[1] зат. **1.** мед. <лат. dyspnoe> *Тыныс алу жиілігінің, ырғағының, тереңдігінің бұзылуы салдарынан тыныс алудың қиындауы.* **2.** ***Демікпе.***

**ЕНТІКПЕ**[2] зат. этн. *Күйеу ұрын келгенде жеңгелердің алдынан жүгіріп шығып алатын алғашқы ырым сыйы.*

**ЕНТІКТІР=** ет. *Тыныс алуын қиындату, алқынту.*

**ЕНТІКТІРУ** *Ентіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНУ** *Ен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кіру, бір нәрсенің ішіне өтіп кету.* **2.** *Есіктен бөлмеге, ішке қарай өту.* **3.** *Қосылу, кірігу.*

**ЕНУЛЕР** зат. хим. *Бөгде қоспа түріндегі материалдардың ақаулары.*

**ЕНШАЛЛА** од. діни. сөйл. ***Иншалла.***

**ЕНШІ** зат. **1.** этн. *Қазақ дәстүрінде бала үйленіп жеке үй боп бөлініп шыққанда, ата-ананың бөліп беретін мал-мүлкі, үлесі.* **2.** ауыс. *Аласы құн, сыбаға, тиесі.* **3.** ауыс. *Құзыр, орындай алу міндеті, қабілетіне тәндік, құзыреттілік.* **4.** ауыс. *Меншік, иелік.* **5.** ауыс. *Тағдыр, талай.*

**Енші алған соң азат.** *Өз алдына бөлек кеткен соң дербес болды, өз билігі өзінде, қалай жүрсе де ерікті.* **Енші алды.** а) этн. *Ата-ана мұрасынан үлесін алды, өз алдына үй (отау) болып шықты.* ә) бейн. *Жаңа кезеңге өз бетінше аяқ басты, дербес болды.* **Енші берді.** а) этн. *Үйленген*

*баласына мал-мүлік бөліп беріп, бөлек үй етіп шығарды.* ә) *Тиесілі үлесін берді.* **Енші бөлді.** э т н . *Баласына үйленген соң мал-мүлкінен тиесілі бөлігін берді.* **Енші бөліспеген.** *Жері, мал-жаны аралас, тату-тәтті тұрған.* **Енші бөлісті.** *Тиесілі заттарын бөлді, айырды.* **Еншіге тиді.** *Үлесіне тиді, иесі болды, иемденді.* **Енші мал**. э т н . *Үйленген адамға еншілікке берілетін мал.* **Еншісі бөлек**. *Үй-жайы, үлесі басқа, өз алдына.* **Еншісі бір.** а) *Дүние-мүлкі ортақ, еншілес адамдар, бір үйдің балалары.*ә) *Мақсаты бірдей, аралас-құралас, ынтымағы жарасқан.* **Еншісіне қалдырды.** *Құзырына жүктеді, меншігіне тапсырды.*

**ЕНШІ**[2] з а т . *Малға ен салушы адам.*

**ЕНШІДЕЙ** с ы н . *Енші сияқты, еншіге берілгендей.*

**ЕНШІЛЕ=** е т . **1.** *Меншіктеу, игілігіне беру.* **2.** *Иелену, ие болу.*

**ЕНШІЛЕН= 1.** *Тиесілі болу, тапсырылу.* **2.** *Меншіктелу, иелену.*

**ЕНШІЛЕНУ** *Еншілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНШІЛЕС** с ы н . **1.** *Еншісі бір, меншіктес, ортақтас. // Тән, тиесілі.* 2. ж а ң а. э к о н . *Негізгі мекеменің құрылтайшылығымен құрылған, соның бақылауындағы.*

**Еншілес ел.** *Жері, малы араласып жатқан ынтымағы жарасқан ел.* **Еншілес кәсіпорын.** э к о н . *Негізгі кәсіпорыннан бөлініп шыққан не оның құрылтайшылығымен құрылған, заңды тұлға құқын иеленуші дербес кәсіпорын.* **Еншілес қоғам.** э к о н . *Негізгі қоғамның бақылауындағы басты акционерлік қоғамның филиалы.* **Еншілес қылды.** *Еншіні бірге бөлісетін етті.*

**ЕНШІЛЕСТІК** з а т . *Ортақтық, бірлестік, жақындастық.*

**ЕНШІЛЕСТІР=** ет. *Ортақтастыру, бірлестіру, телінді қылу.*

**ЕНШІЛЕСТІРУ** *Еншілестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕНШІЛЕУ** *Еншіле етістігінің қимыл атауы; иелену.*

**ЕНШІЛІ** с ы н . *Еншісі бар, ортақтас.*

**ЕНШІСІЗ** с ы н . *Еншісі жоқ, тиесісіз, сыбағасыз.*

**ЕНШІ-ҮЛЕС** з а т . *Сыбаға, тиесі, иелік.*

**ЕНІҢКІ** с ы н . *Кіріңкі, өтіңкіреп тұрған.*

**ЕҢ**[1]**=** е т . с ө й л . *«Едің» сөзінің қысқарған түрі; солай болған.*

**ЕҢ**[2] ү с т . **1.** *Өте-мөте, тіптен, аса, асқан.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Нағыз барып тұрған.*

**Ең абзалы.** *Ең дұрысы, өте орындысы.* **Ең азулы**. *Бәрінен күшті, қуатты.* **Ең ақыры.** а) *Сонымен бірге, бұған қоса.* ә) э к с п р . *Тіпті, әуелі.* **Ең ақырында.** *Ақыр аяғында, ақыр соңында.* **Ең алғаш.** *Алғашқыда, әуелде, бастапқыда.* **Ең артығы.** а) *Дұрысы, бәрінен жөнірегі.* ә) *Озғаны, асылы, жақсысы.* **Ең алдымен.** *Бірінші болып, бәрінен бұрын, әуелі.* **Ең арғысы.** э к с п р . *Сорақысы, сорлағандағысы.* **Ең астыңғы.** *Бәрінен төменгі.* **Ең атақты**. *Аты бәрінен де әйгілі.* **Ең аяғы.** э к с п р . *Басқасы басқа, керек десең, тіпті.* **Ең әрі кеткенде.** *Тым ұзағанда, мықтағанда.* **Ең әрісі.** *Тым болмағанда, ақыр соңы.* **Ең әуелі.** а) *Алғашқыда, бастапқыда.* ә) *Негізгісі, бастысы, басымы.* б) *Басында, бәрінен бұрын.* в) *Алдымен, басымдықпен.* **Ең бастысы [басты].** а) *Бәрінен де маңыздысы, ерекшелеп айтуға керегі.* ә) *Аса маңызды, негізгі, басымдық алған.* **Ең болмағанда [болмаса].** *Тым құрығанда, аз дегенде.* **Ең бір.** *Сондай, соншалықты, барып тұрған.* **Ең бірінші.** а) *Әуелі, алдымен.* ә) *Әуелгі, алғашқы.* **Ең жақсысы.** *Бәрінен дұрысы, жөні.* **Ең жоғары баға.** *Ең қымбат ұсыныс, құн.* **Ең зиянды.** *Бәрінен пайдасыз, өте қауіпті.* **Ең кем болғанда [дегенде].** *Тым құрығанда, аз дегенде.* **Ең кемінде**. *Тым болмағанда, ең аз дегенде.* **Ең керегі [керектісі].** *Аса қажетті, әбден дұрысы.* **Ең керім.** ж е р г. *Аса нәзік, асқан сұлу.* **Ең кіші адрестік бірлік**. и н ф . *Компьютер жадының адрес берілген ең кіші бөлігі.* **Ең қадесіз.** *Ретсіз, нашар, орынсыз.* **Ең қауіптісі.** *Бәрінен зияндысы, қорқыныштысы.* **Ең құрыса [құрығанда].** *Ары кеткенде, тым болмағанда, аз дегенде.* **Ең нәзік тұс.** *Көңілге тиер, аса жанды жері.* **Ең оңтайлы.** *Бәрінен дұрысы, жөндісі.* **Ең соң.** *Ақырынан, бәрінің соңынан.* **Ең соңғы.** *Ақырғы, аяққы.* **Ең соңғы [ақырғы] могикан.** *Жоғалып, құрып бітушілердің ең соңғысы.* **Ең сорақысы.** *Барып тұрған ұяттысы, масқарасы, орынсызы.* **Ең толымды.** *Ең жарамдысы, іске асары.* **Ең төмен.** *Сапасыз, нашар.* **Ең төменгі баға.** э к о н . *Ең аз, бастау болған баға.* **Ең төрінде.** *Құрметті орында, көрнекі жерде.* **Ең төте.** *Аса оңтайлысы, оңайы.* **Ең үздік**. *Бәрінен озық, бәрінің алдындағы.* **Ең ыстық**. *Аса жағымды, жанға жайлы.*

**ЕҢБЕК**[1] з а т . **1.** *Адамның өз қажетін қанағаттандыруға бағытталған қарекеті, жұмыс, іс.* **2.** ф и л о с . *Тіршілікке қажетті нәрселер өндіру мақсатымен адамның табиғатқа әсер етуі.* **3.** *Біреуге, қоғамға, Отанға көрсеткен жақсылық, қызмет.* **4.** *Мақсат, мазмұн жағынан жаңа құрылымды танытатын материалдық, мәдени игілік, шығарма, шығармашылық.* **5.** к ө н е . *Бейнет, мехнат.*

**Еңбегі бағаланды**. *Сіңірген еңбегі еленіп-ескерілді, лайықты бағасын алды, марапатталды.* **Еңбегі далаға [босқа] кетті.** *Істеген ісі зая болды, текке кетті.* **Еңбегі еш.** *Текке қара тер болды, жұмысы зая кетті.* **Еңбегі еш болды [кетті].** *Істеген ісі текке кетті, ешбір нәтижесіз қалды.* **Еңбегі еш, түзы сор.** *Істеген ісі текке кетіп, жапа шекті, сор маңдай болды.* **Еңбегі жанды.** *Қызметі зая болмады, еңбегінің рақатын көрді, ісі алға басты.* **Еңбегі жарады**. *Еңбегі іске асты, пайда әкелді.* **Еңбегі зая болды [кетті].** *Істеген ісі далаға кетті, еңбегі жанбады.* **Еңбегі қайтты**. *Істеген ісінің пайдасын көрді, еңбегі ақталды.* **Еңбегі мойнында**. *Қарыздар, борышты, бересілі.* **Еңбегін ақтады**. *Еткен жақсылығын қайтарды, сіңірген еңбегі қайтты.* **Еңбегін еш қылды**. *Жұмысын зая етті, еңбегін далаға жіберді.* **Еңбегін еш [етті], жігерін құм қылды.** *Істеген ісін зая кетіріп, көңіліне қаяу салды.* **Еңбегін қанады [сорды].** *Жұмысының жемісіне ортақ болып пайда тапты.* **Еңбегін сатты.** а) *Көрсеткен қызметін бұлдады, бәлденді.* б) *Өз күшімен күнін көрді, еңбек етті, қызмет қылды.* **Еңбегін сауды.** *Адал еңбегімен күн көрді, күнелтті, қызметінің жемісін жеді.* **Еңбегі сіңген [еңбек сіңірген].** а) *Көп еңбектеніп, қызметі өткен.* ә) *Қоғамдық жұмыстың, ғылым мен мәдениеттің, өнердің белгілі бір саласында көп жылдар жемісті еңбек еткендікті аңғартатын құрметті атақ.* **Еңбегі [қызметі] сіңді [өтті].** *Көп қызметін қылды, бейнеттенді.* **Еңбегі татырлық.** *Істеген ісі мен атқарған қызметін ақтарлық, соған тұрарлық.* **Еңбек ақысы**.*Сіңірген еңбегінің өтемі, қайтарымы.* **Еңбек анасы.** *Жұмыстың негізі.* **Еңбек ардагері**. *Елге, Отанға еңбегі мол сіңген, ұзақ жылдар қызмет еткен адам.* **Еңбек армиялары.** т а р . с о в . а) *Соғыс жағдайы мен әскери тәртіпті сақтай отырып, құрылыста, шаруашылық саласында істеген 1920-21 жылдардағы Советтік Россияда болған армия.* ә) *Еңбек етуші халық, бұқара.* **Еңбек әдісі.** э к о н . *Тәсілдердің, операциялардың құрамымен, олардың орындалуының белгілі бір тізбектілігімен сипатталатын еңбек процесін жүзеге асыру әдісі.* **Еңбек әрекеті.** *Ізденіс, талпыныс.* **Еңбек базары**. *Қызу еңбек, орнықты жұмыс.* **Еңбек биржасы**. э к о н . а) *Жұмысқа жалдау кезінде қызметкерлер мен кәсіпкерлер арасындағы делдалдықты тұрақты негізде жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.* ә) *Жұмыссыздарды тіркеп және жұмыс табу жөнінде делдалдық жасап отыратын мекеме.* **Еңбек бөлінісі.** *Жиынтық еңбектің жеке түрлер мен бөлшектерге, түр өзгешеліктерге бөлінуі.* **Еңбек гигиенасы**. *Еңбек үстінде, жұмыс кезінде денсаулықты сақтау, өндірістің зиянды факторларын жою жағдайы, шарасы.* **Еңбек дауы**. а) *Қызметкерлер мен жұмыс берушінің (кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің) арасындағы келіспеушілік.* ә) *Жұмыс барысында болатын келіспеушілік.* **Еңбек демалысы**. *Еңбек етуші барлық азаматтарға жұмыс орны және орташа табысы сақталып, жыл сайын демалу үшін берілетін мерзім.* **Еңбек екпіндісі.** с о в е т . *Социалистік жарыс нәтижесінде қарқынды еңбегі мен жоспарды мерзімінен бұрын немесе артығымен орындағаны үшін берілетін құрметті атақ.* **Еңбек Ері.** *Еңбекте үздік шыққаны үшін берілетін құрметті атақ.* **Еңбек етті [қылды].** *Жұмыс істеді, қызмет етті, еңбектенді.* **Еңбек ету.** *Жұмыс істеу, кәсіп ету.* **Еңбек жағдайы.** *Өндірістік процестер орындалатын ортаға қажетті жағдайлардың (температура, ауа ылғалдылығы, сулылығы, шаңдану деңгейі және т.б.) жиынтығы.* **Еңбек жарақаты.** *Қызметкердің не қызметшінің денсаулығына келтірілген зиян.* **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**. *Еңбек пен әлеуметтік қорғау шараларымен айналысатын үкімет орны.* **Еңбек жолы**. *Өтілі, еңбек еткен жылдары, мерзімі.* **Еңбек заңнамасы**. қ ұ қ ы қ. *Азаматтардың еңбек ету, қызмет пен кәсіп түрін таңдау бостандығына қатысты конституциялық құқығын іске асыру барысында туындайтын еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық-нормативтік актілер жиынтығы.* **Еңбек заңы.** *Азаматтардың еңбек ету, еңбек тәртібін сақтау жағдайын реттейтін ережелер жиынтығы.* **Еңбек заты.** ф и л о с . *Табиғи заттар мен адамның табиғаттан алып пайдаланатын нәрселер.* **Еңбек иесі.** *Еңбек адамы, еңбек етуші кісі.* **Еңбек интенсивтілігі**. *Белгілі бір уақыт өлшемі ішінде жұмсалған шығындармен өлшенетін еңбектің қауырттылығы.* **Еңбекке баулу**. а) *Еңбекке тарту, өндірістік қатынастағы әрекетке қатыстыру.* ә) п е д . *Оқушыларды еңбек және өндіріс технологиясымен, құралдарымен, еңбек процесімен таныстыру.* **Еңбекке баулыды.** а) *Еңбек етуге тәрбиеледі, әдеттендірді.* ә) ә) п е д . *Оқушылардың еңбек процесімен, өндіріс құралдарымен таныстырды, оларға машықтандырды.* **Еңбекке жарамсыздық.** *Адамның медициналық және әлеуметтік себептермен күнделікті істеп жүрген кәсіби жұмысын атқара алмайтын жағдайы.* **Еңбек келісімшарты.** і с к е р и. *Қызметкер мен жұмыс беруші (фирма, мекеме, т.б.) арасында жасалған шарт.* **Еңбекке шашты.** *Еңбекке бөлді (ақша, астық).* **Еңбек кооперациясы.** *Өзара байланысты өндіріс процесінде көп адам жоспарлы түрде бірлесіп жұмыс істейтін еңбек формасы.* **Еңбек көрсеткіші.** *Өнімнің мөлшерін, табыстың шамасын, жұмыстың дәрежесін байқататын жалпы нәтиже.* **Еңбек кітапшасы**. і с к е р и . *Жұмыс істей бастағаннан бергі қызмет орны мен*

*уақыты, еңбекке қатысы жайлы мәлімет беретін бірыңғай үлгідегі құжат.* **Еңбек қазаны қайнады.** *Ел еңбекке қызу кірісті, қауырт жұмыс басталды.* **Еңбек қазанында қайнады [қайнап пісті, шынықты].** *Еңбек етіп ысылды, шынықты.* **Еңбек қарқындылығы.** *Уақыт өлшеміне шаққанда жұмыс күшін жұмсау дәрежесімен айқындалатын еңбек қауырттылығы.* **Еңбек қатынасы.** *Жұмыс, қызмет бабындағы адамдардың өзара әрекеті.* **Еңбек құқығы**. *Еңбек ету тәртібіне қатысты заңдылық, міндет, жауапкершілік.* **Еңбек құралдары**. *Жұмыс істеу үшін керек жабдықтар, мәшинелер, аспаптардың жиынтық аты.* **Еңбек құрал-жабдығы.** *Адамның еңбек заттарына әсер етуі үшін керек саймандар, игіліктер жиынтығы, өндіріс жабдығының бір бөлігі.* **Еңбек Қызыл Ту ордені**. тар. совет. *Социалистік құрылысқа сіңірген ерекше еңбегі үшін Совет азаматтары мен мекеме, ұйымдарға берілетін орден.* **Еңбек қылды.** *Жұмыс істеді, қызмет етті.* **Еңбек лагері.** *Оқушы балалардың жазғы демалысын еңбекпен байланысты ұйымдастырған арнайы лагері.* **Еңбек лицензиясы**. *Еңбек ету құқығын растайтын құжат.* **Еңбек майданы.** бейн. *Қайнаған еңбек ортасы.* **Еңбек мектебі.** *Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, оқуын жалғастыра беруге арналған және кәсіби мамандық орны.* **Еңбек нарығы**. *Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу саласы, еңбек саудасы.* **Еңбек өлмейді.** *Еткен еңбек, бейнет құр кетпейді, қайтарымы болады.* **Еңбек өнімділігі**. филос. *Жұмыс уақытының бір өлшемі ішінде шығарылған өнім мөлшері, өндірісті еңбектің нәтижелілігі.* **Еңбек өнімі.** *Материалдық-заттық (материалдық өнім), рухани ақпараттық (ақыл-ой еңбегінің өнімі) формадағы не орындалған жұмыс пен атқарған қызмет түріндегі адам еңбегінің, шаруашылық әрекетінің нәтижесі.* **Еңбекпен түзеу**. *Жазасын еңбек арқылы өтеу, еңбек арқылы қайта тәрбиелеу.* **Еңбек психиатриясы.** *Жұмыс орнындағы диагностика мен профилактика мәселелерімен шұғылданатын психиатрия тарауы.* **Еңбек психологиясы.** *Еңбек қарекетінің нақты нысандарының қалыптасуының психологиялық заңдылықтарын зерттейтін ғылым.* **Еңбек рахаты болсын!** *Жұмысың сәтті болсын деген мағынада.* **Еңбек резерві**. *Арнаулы оқу орындарында халық шаруашылығының жетекші салалары үшін маман жұмысшыларды дайындау жүйесі.* **Еңбек ресурстары.** *Белгілі бір елдегі, аймақтағы халықтың еңбек етуге қатыса алатын экономикалық белсенді бөлігі.* **Еңбек ресурстарын басқару.** *Кәсіпорын (ұйым, фирма) кадрларын таңдауға, орналастыруға, оқытуға, өсіруге, олардың қызметін бағалауға ықпал жасау мақсатындағы нысаналы әрекет.* **Еңбек стажы [өтілі].** *Белгілі бір қоғамдық жұмыс салаларында еңбек еткен уақыттың мөлшері.* **Еңбек сіңірді.** *Көп уақыт бойы жемісті жұмыс істеді, мәнді қызмет атқарды.* **Еңбек тәрбиесі**. *Баланы еңбексүйгіштікке, табандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.* **Еңбек тәртібі.** а) *Еңбек етушілердің арақатысын тиімді қалыпқа келтіріп отыратын жүйе.* ә) *Белгіленген еңбек ережесіне сай жұмыс уақытының рет тәртібін сақтау.* **Еңбектегі қауырттық.** филос. *Өндіріс процесіндегі еңбек өнімділігін арттырудың дәрежесі.* **Еңбек терапиясы.** *Индивидке мақсаткерлікпен жұмыс істеуге мүмкіндік беруге негізделген терапия.* **Еңбек торы**. *Қарапайым, еңбекқор адам деген мағынада.* **Еңбек түзету колониясы.** *Қоғамдық тәртіпті бұзған қылмысты адамдарды еңбекпен тәрбиелейтін орын.* **Еңбекті ақтады.** *Өзіне сіңген біреудің қызметін өтеді.* **Еңбекті нормалау.** *Тиісті техникалықұйымдастырушылық жағдайында белгілі бір жұмыс уақыты ішінде өндірілетін өнім көлемін (өнім мөлшерін) анықтау.* **Еңбектің арқасында.** *Еткен еңбектің нәтижесінде, еңбекпен қол жеткен.* **Еңбекті ұйымдастыру.** *Жұмыс күшін ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі.* **Еңбек ұжымы.** *Қоғамның мүддесіне керекті өнім өндіруді немесе қызмет етуді көздеген адамдар бірлестігі.* **Еңбек үлесі коэффиценті.** *Ұжым мүшесінің жалпы табысқа қосқан еңбегіне қарай берілетін қорытындылаушы сандық баға.* **Еңбек шарты.** құқық. *Қызметкер мен жалдаушы (оның ұжымы) арасындағы келісім.* **Еңбек шығыны**. экон. *Белгілі бір жұмысты орындауға жұмсалған күш, жұмсалған қаржы.*

**ЕҢБЕК**[2] зат. анат. *Бас сүйегі қатаймаған сәбидің төбесіндегі былқылдап тұратын жері.*

**ЕҢБЕКАҚЫ** зат. *Еңбегіне берілетін төлем, еңбек төлемі, ақшалай я заттай құн.*

**Еңбекақы алды.** *Жалақы алды, еңбегінің төлемін алды.* **Еңбекақы қоры.** экон. *Қаржыландырылу көзіне қарамастан еңбекке ақы төлеу үшін кәсіпорын (фирма, ұйым, мекеме) есептеген барлық сома.*

**ЕҢБЕККЕР** зат. **1.** *Еңбек етуші, жұмыс істеуші кісі.* **2.** *Еңбексүйгіш, еңбекқор адам.*

**ЕҢБЕККЕРЛІК** зат. *Еңбекқорлық, еңбекқұмарлық, еңбексүйгіштік.*

**ЕҢБЕККҮН** зат. тар. сов. **1.** *Ұжымдық шаруашылықтағылардың тапқан табысының күнге шаққандағы мөлшері.* **2.** *Ұжымшардағы (колхоздағы) күнделікті бітірген еңбектің бағамы.*

**ЕҢБЕКҚОЙ** сын. сөйл. ***Еңбекқор.***

**ЕҢБЕКҚОР** сын. *Еңбексүйгіш, еңбекқой.*

**ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ** зат. *Еңбексүйгіштік, еңбекқұмарлық.*

**ЕҢБЕКОРЫН** зат. *Жұмыс істейтін жер, отыратын жай.*

**ЕҢБЕКСҮЙГІШ** сын. *Жұмыс істеуге берілген, еңбек етуден қашпайтын, жалқау емес, еңбекшіл, еңбекқор.*

**ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК** зат. *Еңбекқорлық, еңбеккерлік.*

**ЕҢБЕКСЫМАҚ** зат. *Кемшілігі көп, әйтеуір бір жұмыс, құр еңбек деген аты бар.*

**ЕҢБЕКСІЗ** сын. **1.** *Жұмыссыз, еңбек етпей.* **2.** *Әрекетсіз, қарекетсіз.* **3.** ауыс. *Бейнетсіз, мехнатсыз.*

**ЕҢБЕКСІЗДІК** зат. *Жұмыссыздық, әрекетсіздік, жалқаулық.*

**ЕҢБЕКСІЗ-ТОЛҒАҚСЫЗ** сын. *Бейнетсіз, мехнатсыз; бос, құр, тегін.*

**ЕҢБЕКТЕ**[1]**=** ет. **1.** *Тізерлеп, етпеттей жүру.* **2.** *Еңкейіп, бой тасалай бұғып жүру.* **3.** ауыс. *Жорғалау, өрмелеу, тырмысу.* **4.** ауыс. *Жалыну, жалбарыну.*

**ЕҢБЕКТЕ**[2]**=** ет. сөйл. *Еңбек ету, әрекеттену.*

**ЕҢБЕКТЕЙ** сын. *Еңбек сияқты, еңбек тәрізді.*

**ЕҢБЕКТЕН=** ет. *Жұмыс істеу, іздену, әрекеттену, бейнеттену.*

**ЕҢБЕКТЕНУ** *Еңбектен етістігінің қимыл атауы.*

**Еңбектену әрекеті.** *Іздену, талпыну.*

**ЕҢБЕКТЕС** сын. *Бірге еңбек ететін жұмысы ортақ кісі.*

**ЕҢБЕКТЕС**[1]**=** ет. *Бірге жұмыс істеу.*

**ЕҢБЕКТЕС**[2]**=** ет. *Бірге етпеттеп жүрісу.*

**ЕҢБЕКТЕСУ** *Еңбектес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢБЕКТЕУ** *Еңбекте*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢБЕКТІ** сын. *Еңбегі бар, еңбек істей білетін.*

**ЕҢБЕКТІК** сын. *Еңбекке тән, еңбекке қатысты.*

**ЕҢБЕКШІ** зат. **1.** сов. *Пайдалы еңбек етіп, жұмыс істеп күн көретін қалың бұқара халық.* **2.** *Еңбексүйгіш, еңбекшіл, бейнетқор.*

**Еңбекші ел.** *Еңбек адамдары, еңбекпен шұғылданатын көпшілік.* **Еңбекші қауым.** ***Еңбекші бұқара.*** **Еңбекшілер қаласы.** *Жұмысшылар қаласы.* **Еңбекші халық [бұқара].** *Материалдық-рухани игілік жасаушы қауым, қоғам мүшелері.*

**ЕҢБЕКШІЛ** сын. **1.** *Еңбексүйгіш, еңбекқұмар, бейнетқор.* **2.** сөйл. ***Еңбекші.***

**ЕҢБЕКШІЛДІК** зат. *Еңбексүйгіштік, еңбекқұмарлық, бейнетқорлық.*

**ЕҢБЕКШІЛІК** сын. *Еңбекшіге тән.*

**ЕҢГЕЗЕР** сын. сөйл. ***Еңгезердей.***

**ЕҢГЕЗЕРДЕЙ** сын. *Соқталдай, алпамсадай, сомадай.*

**ЕҢГЕЗЕРЛІК** зат. *Үлкендік, зор денелілік, ірілік.*

**ЕҢЕЗЕ: еңезесі құрыды.** *Болдырды, қатты шаршады.*

**ЕҢЕКЕ** үст. *Еркін, қаймықпай, қалаған кезде.*

**ЕҢКЕ: еңке түсу.** сөйл. *Жабырқау, жүнжу.*

**ЕҢКЕЙ=** ет. **1.** *Басын төмен салып бүгілу, төмен иілу.* **2.** *Белі бүгілу, бүкірею, мосқал тарту.* **3.** ауыс. *Төмен түсу, құлдилау, ылдилау.* **4.** ауыс. *Икемге келу, иілу; босаңсу, жібу.*

**Еңкейген кәрі, еңбектеген бала [жас, сәби].** *Жұрттың бәрі, барлық ел, түп-түгел, бірі қалмай.*

**Еңкейе қоймады.** *Иліге қоймады, тыңдай қоймады.* **Еңкейіп келді.** *Амалсыз, бағынып келді.*

**ЕҢКЕЙМЕ** сын. *Еңкейген.*

**ЕҢКЕЙТ=** ет. **1.** *Бүкшиту, бүгілдіру.* **2.** ауыс. *Қартайту, тоздыру.*

**ЕҢКЕЙТКІЗ=** ет. *Бүгілгізу, иілгізу.*

**ЕҢКЕЙТІЛ=** ет. *Төмендетілу, бүктетілу.*

**ЕҢКЕЙІҢКІ** сын. *Иіліңкі, еңкіштеу; солыңқы.*

**ЕҢКЕЙІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Иіліңкіреу, бүктелу, бүгіліңкіреу.* **2.** *Қартайыңқырау, егде тарту.*

**ЕҢКЕЙІС** зат. *Бүгіліс, иіліс, еңіс, ылди.*

**ЕҢКЕЙІС=** ет. *Иілісу, бүгілісу.*

**ЕҢКЕК** сын. *Еңкейіңкі, еңкіш, иіліңкі.*

**Еңкек жауырынды**. *Жауырыны еңкіштеу, жауырыны бүкірейіңкілеу.* **Еңкек тартты**. *Еңкейе түсті, бүгіле түсті.*

**ЕҢКЕКТЕ=** ет. *Иіліңкіреп, еңкейіңкіреп жүру, қозғалу.*

**ЕҢКЕКТЕУ**[1] сын. *Еңкіштеу, бүгіліңкіреу.*

**ЕҢКЕКТЕУ**[2] *Еңкекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢКЕКТІ** сын.сөйл. ***Еңкек.***

**ЕҢКЕКТІК** зат. *Еңкіштік, ылдилық, еңістік, бүгіліңкілік.*

**ЕҢКЕЛЕКТЕ=** ет. *Еңкелең-еңкелең ету, еңкеңдеу, қалбалақтау.*

**ЕҢКЕЛЕКТЕТ=** ет. *Мың бұралту, екпіндету.*

**ЕҢКЕҢДЕ=** ет. **1.** *Төмен иіліңкіреп жүру, еңкең-еңкең басу.* **2.** *Бұғжеңдеу, елпелеңдеу, бүкшеңдеу.* **3.** ауыс. *Бәйек болу, елпең қағу.*

**ЕҢК-ЕҢК** елік. *Еңкілдеген, кеңкілдеген, солқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Еңк-еңк ақырды**. *Есек қатты солқ-солқ дыбыс шығарды.* **Еңк-еңк етті.** *Еңкілдеді, ыңқылдады.* **Еңк-еңк күлді.** *Еңкілдеп сылқ-сылқ күлді.*

**ЕҢКЕРІС** зат. *Еңіс, ылди.*

**ЕҢКЕС** сын. сөйл. ***Еңкек.***

**ЕҢКЕУ** зат. сөйл. ***Еңіс.***

**ЕҢКЕУ-ЕҢКЕУ** сын. сөйл. ***Еңку-еңку.***

**ЕҢКЕУІТ** зат. *Еңістеу, ылдилау жер.*

**ЕҢКЕЮ** *Еңкей етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢКЕЮ=** ет. спорт. *Зілтемірді иыққа салып, мойынға асып немесе қолмен төмен ұстап денені алға қарай еңкейту.*

**ЕҢКИГЕН** сын. *Өңкиген, еңкіш тартқан.*

**ЕҢКУ** зат. сөйл. ***Еңіс.***

**ЕҢКУ** сын. *Еңкиген, сорайған.*

**Еңку бойлы**. *Еңкиген, ұзынтұра.*

**ЕҢКУ** зат. ескікіт. *Үйеңкі.*

**ЕҢКУ-ЕҢКУ** сын. **1.** *Ойлы-қырлы, кедір-бұдыр.* **2.** ауыс. *Бірде олай, бірде бұлай, аумалы-төкпелі.*

**ЕҢКУЛІ** сын. сөйл. *Ойлы-қырлы, белесті.*

**ЕҢКІЛДЕ=** ет. **1.** *Еңк-еңк ету, солқылдап жылау.* **2.** ауыс. *Екпінмен алып-ұшу, зырылдау, өңмеңдеу.*

**Еңкілдеп жылады**. *Солқылдап жылады, өксіп-өксіп жіберді.* **Еңкілдеп күлді**. *Еңк-еңк ете күлді, кеңкілдеп күлді.*

**ЕҢКІЛДЕТ=** ет. *Екпіндету, желдірту.*

**ЕҢКІС** сын. *Аздап еңістеу, еңкек, еңкіш, ылди.*

**ЕҢКІСТЕУ** сын. *Еңкектеу, көлбеулеу, еңістеу.*

**ЕҢКІСТІК** зат. *Алға қарай еңкектік, көлбеулік, еңістік.*

**ЕҢКІШ** сын. **1.** *Ылдилау, еңістеу.* **2.** *Бүгіліңкі, бүкірейіңкі, иіліңкі.*

**Еңкіш балқаңбақ**. өс. <лат. corispermum declinatum steph>. *Алабұта тұқымдасына, балқаңбақ туысына жататын, биіктігі басқа түрлеріне қарағанда аласалау, сортаң топырақты жерлерде өсетін өсімдік.* **Еңкіш етті.** *Бүкірейтті, бүкшитті.* **Еңкіш тартты**. а) *Бүгілді, бүкірейді.* ә) *Қартайды, белі бүгілді.*

**ЕҢКІШТЕ=** ет. *Еңістеу ету, еңкіш қылу.*

**ЕҢКІШТЕЛ=** ет. *Иілу, қисаю, көлбеулену.*

**ЕҢКІШТЕЛУ** *Еңкіштел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢКІШТЕН=** ет. *Бүгіліңкіреу, еңкіш тарту, бүкшию.*

**ЕҢКІШТЕНДІР=** ет. *Бүгілдіру, иілдіру.*

**ЕҢКІШТЕНДІРУ=** *Еңкіштендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢКІШТЕУ**[1] сын. **1.** *Еңкектеу, бүкірейің-кілеу.* **2.** *Майысыңқылау, иіліңкілеу.*

**ЕҢКІШТЕУ**[2] *Еңкіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢКІШТІК** зат. **1.** *Еңкектік, бүкірейіңкілік.* **2.** *Майысыңқылық, көлбеулік.*

**ЕҢЛІК** зат. өс. <лат. macrotomia> *Опа-далап жасау үшін тамырынан қызғылт сары түсті бояу алынатын шөптесін өсімдік.*

**ЕҢЛІКГҮЛ** зат. **1.** өс. <лат. leontopo-dium> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Иісі аңқыған сары түсті гүлдері бар, таулы жерде көп өсетін өсімдік.*

**ЕҢЛІКТЕЙ** сын. *Еңлікгүлі сияқты, еңлікгүлі тәрізді.*

**ЕҢМЕН=** ет. *Ентелей, ішке кіре отыру.*

**ЕҢМІН=** ет. *Ентелеу, алқыну, ентігу.*

**ЕҢПЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Еңкеңдеу.***

**ЕҢПЕҢДЕУ** *Еңпеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕ** зат. **1.** *Тұла бойы, дене, тұлға.* **2.** *Тұр-бық, биіктік.* **3.** ауыс. *Өңір, аймақ.*

**Еңсе денелі.** сөйл. *Ұзын бойлы, қапсағай, еңгезердей.* **Еңсе жаздырмады.** *Үнжырғасын түсірді де қойды, кеудесін зіл басып тұрып алды, көңілі бір сейілмеді.* **Еңсе көтерді.** *Бой түзеді, іргесі қаланды.* **Еңсесі биік**. а) *Үлкен, еңселі.* ә) *Абыройлы.* **Еңсесі биік боз [ақ] орда.** поэт. *Ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады.* **Еңсесі биік, ерні салпы.** поэт. *Алпамсадай бойлы, қалың ерінді.* **Еңсесі езілді.** *Басылып қалды, көңілі қайтты, күйзелді.* **Еңсесі жоғары.** *Мәртебесі биік, көңілі көтеріңкі.* **Еңсесі зор.** *Алып; мықты, күшті.* **Еңсесі көтеріңкі.** а) *Еңселі, биік, көрнекті.* ә) *Көңілі шат жадыраңқы.* **Еңсесі құлады.** *Көңілі басылды, уайымға салынды.* **Еңсесін алды.** *Еркін биледі, дегбірсіздендірді.* **Еңсесін басты.** а) *Үнжырғасын түсірді, жүнжітті, көңілін көтертпеді.* ә) *Ықтырды, бағындырды.* **Еңсесін биік ұстады**. *Мойымады, жасымады.* **Еңсесін езді.** а) *Кеудесін басты, көңілін (бетін) қайтарды.* ә) *Күйзелтті, жасытты, қажытты.* **Еңсесіне мінді.** *Мойындатты, жеңді.* **Еңсесі көтерілді.** *Бойы биіктеді, қарасы үлкейді.* **Еңсесін жазды.** *Қуанышқа бөленіп еркіндеді, масайрады, жайраң қақты.* **Еңсесін жегідей жеді.** *Еңсесін көтертпеді, көңілін жадыратпады.* **Еңсесін жиды.** *Есін жиды, бойын көтерді.* **Еңсесін көтерді.** а) *Бойын жазып сергіді, көңілін көтерді, жадырады.* ә) *Өз-өзіне келіп, жағдайы жақсарды, әл-ауқаты молайды.* б) *Мерейі үстем болды, мәртебесі артты.* в) *Жасымады, еңсесін тік ұстады.* **Еңсесін салысты.** *Барын салды, бар күшпен кірісті.* **Еңсесін түсірді.** а) *Көңіл күйін төмендетті, күйзелтті.* ә) *Мойымады, жігері жасымады.* **Еңсесін тік ұстады.** *Мойымады, уайым-қайғыға салынбады.* **Еңсесі түсті.** а) *Көңіл-күйі болмады, үнжырғасы түсті, салы суға кетті.* ә) *Бас көтере алмады, шаруасы оңалмады.* **Еңсесі түсіңкі.** *Жабырқаңқы, түнеріңкі, көңілсіз.* **Еңсе тіктеді.** а) *Бойын жазды, кеудесін көтерді.* ә) *Жағдайы жақсарды, оңалды, көтерілді.*

**ЕҢСЕ**[1]**=** ет. көне. *Аңсау, көксеу, еміну, емсеу.*

**ЕҢСЕ**[2]**=** ет. көне. *Сапыру, шайқау.*

**ЕҢСЕГЕЙ** сын. *Ұзын тұра, зор денелі.*

**Еңсегей бой [бойлы].** *Ұзын бойлы, еңгезердей.*

**ЕҢСЕЙ=** ет. **1.** *Еңкею, кішірею, аласару.* **2.** ауыс. *Үңіле түсу, ерекше мән беру.*

**ЕҢСЕЛЕ=** ет. **1.** *Еңсеру, меңдеу, алқымдау.* **2.** *Ентелеу, бар күшін салу.* **3.** *Желкесінен түйгіштеу.*

**ЕҢСЕЛЕН**[1]**=** ет. *Бойы көтерілу, оңалу.*

**ЕҢСЕЛЕН**[2]**=** ет. *Биіктеу, өрлеу, өсу, еңсесі көтерілу.*

**ЕҢСЕЛЕНДІР=** ет. *Биіктету, асқақтату, ерекшелендіру.*

**ЕҢСЕЛЕНДІРУ** *Еңселендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕЛЕНУ** *Еңселен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕЛЕС** сын. *Деңгейлес, теңдес, шендес.*

**ЕҢСЕЛЕТ=** ет. *Ентелету, екпіндету.*

**ЕҢСЕЛЕТУ** *Еңселет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕЛІ** сын. **1.** *Биік, үлкен.* **2.** *Бойшаң, еңгезердей.*

**ЕҢСЕЛІК** зат. *Қас пен маңдайдың арасы.*

**ЕҢСЕЛІЛЕУ** сын. *Еңсесі көтеріңкілеу, биіктеу, үлкенірек.*

**ЕҢСЕЛІРЕК** сын. *Көтеріңкілеу, биіктеу, еңселілеу.*

**ЕҢСЕП** зат. өс. *Сабағы төрт қырлы, өзен бойында, тоғай арасында өсетін көпжылдық шөп.*

**ЕҢСЕР=** ет. **1.** *Апырып-жапыру, ойсырату, бар күшін салу.* **2.** *Бітіру, тауысу, тындыру.* **3.** ауыс. *Меңдеу, жеңу, дендеу.* **4.** ауыс. *Белгілі бір жастан асу.*

**Еңсере алмады**. *Істі ойдағыдай бітіре алмады, өндіріп істей алмады.*

**ЕҢСЕРМЕЛІ** сын. *Ойсыратарлық, еңсерерлік, қарқынды.*

**ЕҢСЕРУ** *Еңсер етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕРТ=** ет. *Ойсырату, жеңу.*

**ЕҢСЕРІЛ=** ет. **1.** *Белгілі бір мөлшерге жеткен, мөлшерден асқан.* **2.** *Аударылу, құлау, түсу.* **3.** *Бүкіл денесімен бұрылу.* **4.** *Біту, аяқталу.*

**ЕҢСЕРІЛІС=** ет. *Бітісу, аяқталысу.*

**ЕҢСЕРІП-ЕҢСЕРІП** үст. *Теңселтіп, шайқап, ырқына көндіріп.*

**ЕҢСЕРІС=** ет. *Ойсырату, апырып-жапырысу; көтерісу.*

**ЕҢСЕТ=** ет. *Еңселендіру, мойынсұндыру, бағындыру.*

**ЕҢСЕТУ** *Еңсет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕУ** *Еңсе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСЕЮ** *Еңсей етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢСІТУ=** ет. көне. *Жұбату.*

**ЕҢІЗ**[1] үст. ескікіт. *Төмен, еңкіш.*

**ЕҢІЗ**[2] шыл. ескікіт. *Осылайша, соныммен.*

**ЕҢІЗ-ТЕҢІЗ** сын. сөйл. ***Ағыл-тегіл.***

**ЕҢІРЕ=** ет. **1.** *Егіліп, ағыл-тегіл жылау, көз жасын көл қылу.* **2.** *Зар қақсап, күңірену, күйіну, күйзелу.*

**Еңірегенде етегі толды**. *Егіліп ұзақ жылады, қатты күйзелді, қамықты, қан жұтты.* **Еңіреген [еңіреп туған] ер.** *Елінің қамын ойлайтын, елі мен халқы үшін жан аямай күресетін ардагер, күрескер азамат.* **Еңіреп кетті**. *Амалсыз тастап кетті, жылап қоштасты.* **Еңіреп тұрған [жүрген] ер.** *Ел үшін, елдің қамы үшін іс еткен адам.*

**ЕҢІРЕЙ-ЕҢІРЕЙ** үст. *Жылай-жылай, зарлай-зарлай.*

**ЕҢІРЕН=** ет. **1.** *Көз жасы төгілу.* **2.** ауыс. *Күйіну, ызғар шашу, айбаттану.*

**ЕҢІРЕНУ** *Еңірен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢІРЕС=** ет. *Дауыстап, еңіреп жыласу, көздерінен жас төгісу.*

**ЕҢІРЕСУ** *Еңірес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢІРЕТ=** ет. **1.** *Жылату, өксіту.* **2.** *Зарлату, зар қақсату.* **3.** ауыс. *Өлеңді нақышына келтіріп аңырату, төгілту, құйқылжытып орындау.* **4.** ауыс. *Мөңірете, аңырата жақ тарту, ату.*

**ЕҢІРЕТУ** *Еңірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢІРЕУ**[1] зат. ***Керік.***

**ЕҢІРЕУ**[2] сын. *Алысқа шабатын қас жүйрік; батыр, мықты, қайтпайтын.*

**ЕҢІРЕУ** *Еңіре етістігінің қимыл атауы; ағыл-тегіл егіліп жылау.*

**ЕҢІРЕУЛІ** сын. *Жапа шеккен, зар қаққан, қорлық көрген.*

**ЕҢІРЕУІК** сын. *Еңірегіш, жылап-сық-тағыш, қапалангыш, уайымшыл.*

**ЕҢІС** зат. **1.** *Жотаның, өрдің түсе берісі, ылди жері, еңістік.* **2.** *Жазық, ойпаң жер, егістік.*

**ЕҢІС=** ет. *Ойысу, бет алу, бағыттау.*

**ЕҢІС-ЕҢІС** зат. *Ойпаң жер.*

**ЕҢІС-ОЙПАТ** зат. *Ойпат, еңістік.*

**ЕҢІСӨЛШЕУІШ** зат. тех. *Жер бетінің еңістену дәрежесін өлшеуге қолданылатын арнаулы аспап.*

**ЕҢІСТЕ=** ет. *Төмен түсу, ылдилау.*

**ЕҢІСТЕН=** ет. *Төмендеу, ылдилау*

**ЕҢІСТЕНУ**[1] *Еңістен етістігінің қимыл атауы; қиялай төмен түсу.*

**ЕҢІСТЕНУ**[2] зат. геол. *Таужыныс қабатының (желісінің, жыртылып-айырылу жазықтығының, басқа да геологиялық беткейлердің) көлбеу жазықтықпен салыстырғандағы және*

*әлемнің төрт жағы тұрғысынан анықталған бағыттағы еңістенуінің ең жоғарғы бұрыштық мөлшері.*

**ЕҢІСТЕТ** = е т. *Төмендету, ылдилату.*

**ЕҢІСТЕТУ** *Еңістет етістігінің қимыл атауы; қиялай төмендету.*

**ЕҢІСТЕУ** с ы н. **1.** *Төмендеу, ылдилау, ойпаңдау (жер).* **2.** а у ы с. *Бүкіштеу, еңкіштеу.*

**ЕҢІСТЕУ** *Еңісте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕҢІСТІ** с ы н. *Ылдилау, еңістеу келген.*

**ЕҢІСТІК** з а т. **1.** *Ылдилық, төмендік.* **2.** *Ойпаң жер, жазықтық.*

**ЕҢІСУ**[1] з а т. а с т р. *Аспан шырағынан экваторға дейінгі бұрыштық қашықтық.*

**ЕҢІСУ**[2] *Еңіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕП** з а т. **1.** *Икем, ыңғай, бейім.* **2.** *Айла-тәсіл, әдіс, амал.* **3.** *Жөн, лайық, лазым. // Дәл, сай.*

**Ебі бар**. *Епті, икемді.* **Ебі жоқ**. *Икемсіз, епсіз, орашолақ.* **Ебі кетті [қашты]**. *Сасып-сасқалақтап берекесі кетті, икемсізденді.* **Ебін тапты.** а) *Орайын, ретін келтірді, қалауын тапты.* ә) *Амалын келтірді, істің жөнін, қисынын келтірді.* **Епке көнді.** *Ыңғайға жүрді, айтқанды істеді.* **Еп қылды.** *Лайық көрді, амал жасады.*

**ЕПАРХИЯ** з а т. д і н и. *Архиерей басқаратын әкімшілік-шіркеулі аймақ.*

**ЕПЕЛЕК**[1] з а т. ж е р г. *Шегені қаққанда тұтас кіріп кетпеу үшін оның мойнына киізілген қалпақша.*

**ЕПЕЛЕК**[2]**: епелек қақты.** *Ебелектеді, ебелеңдеді.*

**ЕПЕЛЕКТЕ=** е т. **1.** *Елбең қағып, ұшып-қону, құрақ ұшу.* **2.** а у ы с. *Бәйек болу, жағымпаздану.*

**ЕПЕЛЕКТЕУ** *Епелекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕП-ЕЛЕУСІЗ** с ы н. с ө й л. *Білінбейтін, ескерусіз, байқаусыз.*

**ЕПЕҢДЕ=** е т. с ө й л. ***Епелектеу.***

**ЕП-ЕРЕСЕК** с ы н. *Үп-үлкен, дап-дардай.*

**ЕП-ЕРКІН** с ы н. *Емін-еркін, оп-оңай.*

**ЕП-ЕРСІ** с ы н. *Сөлекеттеу, тым ыңғайсыз.*

**ЕП-ЕРТЕ** ү с т. *Тым ерте.*

**ЕПЕТЕЙСІЗ** с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіз.***

**ЕПЕТЕЙСІЗДЕН=** е т. с ө й л. *Ебедейсіздену, ыңғайсыздану.*

**ЕПЕТЕЙСІЗДЕНУ** *Епетейсіздік етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПЕТЕЙСІЗДІК** з а т. с ө й л. ***Ебедейсізік.***

**ЕПИСКОП** [грек. episkopos]. з а т. д і н и. *Христиан шіркеуі әкімшілік-территориялық бөлік басшыларының ең жоғарғы лауазымы.*

**ЕПКІН** з а т. с ө й л. ***Екпін.***

**ЕПКІНДЕТ=** е т. с ө й л. ***Екпіндету.***

**ЕПСЕК** з а т. *Ыңғай, икем, еп.*

**ЕПСЕКТІ** с ы н. *Ыңғайлы, епті, оңтайлы, жұғымды.*

**ЕПСЕКТІК** з а т. *Ыңғайлылық, икемділік жұғымдылық, оңтайлылық.*

**ЕП-СЕП** з а т. с ө й л. *Еп, икем, бейім.*

**ЕПСІЗ** с ы н. **1.** *Епті емес, орашолақ, олақ.* **2.** *Әдіс-айласы жоқ, құр топпақ.*

**ЕПСІЗДІК** з а т. *Икемсіздік, орашолақтық, ебі жоқтық.*

**ЕПСІН=** е т. *Епті болғансу, пысықсу.*

**ЕПСІНУ** *Епсін етістігінің қимыл атауы; ептілік көрсету, пысықсыну, жақсыатты болу.*

**ЕПТЕ=** е т. **1.** *Абайлау, жайлап әрекет ету.* **2.** а у ы с. *Өлшеп-пішіп, үнемдеу, шағындау, қымқыру.* **3.** а у ы с. *Амалдау, ыңғайын, ретін табу.*

**ЕПТЕП** ү с т. **1.** *Аз-аздап, шақтап, мөлшермен.* **2.** *Ақырындап, бабымен.* **3.** *Ыңғайлап, жөнімен.*

**ЕПТЕГЕН-СЕПТЕГЕН** с ы н. с ө й л. *Аздаған, там-тұмдаған.*

**ЕПТЕЙЛЕН=** е т. *Ыңғайлану, икемделу, тырысу.*

**ЕПТЕЙЛЕНУ** *Ептейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПТЕЙЛІ** с ы н. *Ыңғайлы, икемді, епті.*

**ЕПТЕЙЛІК** з а т. *Ыңғайлылық, икемділік, ептілік.*

**ЕПТЕЛ**[1] **=** е т. *Ыңғайлану, икемделу.*

**ЕПТЕЛ**[2] **=** е т. *Баяулау, кібіртіктеу.*

**ЕПТЕЛУ** *Ептел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПТЕМЕЙЛЕ =** е т. *Ептеп-септеп әрекет ету, ыңғайын келтіру.*

**ЕПТЕП-ЕПТЕП** ү с т. *Ақырындап, амалдап, ептеп-септеп.*

**ЕПТЕП-СЕПТЕП** ү с т. *Өйтіп-бүйтіп, амалдап, ыңғайын тауып.*

**ЕПТЕС=** е т. *Ептілік жасасу, жымқырысу.*

**ЕПТЕСТІР=** е т. *Ақырындап ыңғайын келтіру, амалын табу.*

**ЕПТЕСТІРУ** *Ептестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПТЕСУ** *Ептес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПТЕТ=** е т. *Ақырындату, жайлату.*

**ЕПТЕТУ** *Ептет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕПТЕУ** *Епте етістігінің қимыл атауы.*

**Ептеуден ары аспады**. *Жартымсыз, өнімсіз, нәтижесі шамалы тірлік істеді.*

**ЕПТЕШ** з а т. ж е р г. ***Жолдас.***

**ЕПТІ** с ы н. **1.** *Ыңғайлы, икемді, бейім, оңтайлы. // Икемі, ыңғайы бар адам.* **2.** а у ы с. *Қу, айлакер, пысық, тәсілқой. // Айлакер, пысық адам.*

**ЕПТІЛІК** з а т. **1.** *Икемділік, ыңғайлық, бейімділік.* **2.** а у ы с. *Айлакерлік, тәсілқойлық, пысықтық.*

**ЕПТІРЕК** с ы н. *Икемдірек, бейімділеу, тәсілқойлау.*

**ЕПТІ-СЕПТІЛЕУ** с ы н. с ө й л. *Аздаған, кішкене, ептеп-септеген.*

**ЕПШІЛ** с ы н. *Айлакер, тәсілқой, епті.*

**ЕПШІЛДІК** з а т. *Икемділік, тәсілқойлық, ептілік.*

**ЕР**[1] з а т. **1.** *Адамның еркек жыныстылары, еркек азамат.* **2.** *Күйеу, бай, әйелдің жұбайы.* **3.** с ө й л. *Адам, пенде.* **4.** *Батыр, қаһарман, жаужүрек.*

**Ер апшысы қуырылды**. *Ер адамның берекесін кетірді, састырды.* **Ер бала**. *Еркек бала, ұл.* **Ер басына іс [күн] келді [тиді, туды, түсті]**. *Азаматтың басына іс түсті, қиын-қыстау заманға кез болды.* **Ер бесіктен танылады.** *Батыр кішкентайынан-ақ белгілі болады, жастайынан көзге түседі.* **Ер болды**. *Батыр, күшті, қуатты болды.* **Ерге шықты [тиді, барды]**. *Тұрмыс құрды, күйеуге тиді.* **Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді.** *Намысын қолдан бермейді, намысын қорғай алмаған ұят деген мағынада.* **Ердің басы екі елу.** *Ер көп жасады, оның өзі жасамаса да, атағы жасайды деген мағынада.* **Ердің ері, егеудің сынығы.** к ө н е. *Асыл тектің ұрпағы, жақсының көзі.* **Ердің қанын іздеді.** *Батырдың, ердің құнын сұрады, кегін қуды.* **Ердің қасын ұстады.** *Үнжырғасы түсті, тауы шағылды.* **Ердің құны [нардың пұлы].** а) *Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық нормаларындағы ер азаматты өлтірген немесе дене мүшесіне ауыр зақым келтірген жағдайда қылмыскер мойнына салынатын айыптың мөлшері.* ә) *Қымбат, бағалы нәрсе; салмағы ауыр талап.* **Ердің құнына тұрды.** *Өте қымбат, ер құнына бара-бар болды.* **Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді.** к ө н е. *Шешімді сөз, ұтымды үкім айтты.* **Ер егесі еңісте.** *Ер адамдардың тартысы сырт жерде деген мағынада.* **Ер жігіт**. *Ер мінезді азамат.* **Ер кезегі үшке дейін**. *Нәтижеге жетпей жатқан әрекетті тағы бір қайталауды сұрағанда айтылатын сөз [Ертеде жекпе-жекке шыққан батырлар үшке дейін ғана күресуге, айқасуға, тайталасуға болады деген мағынадан шыққан].* **Ер келбетті**. *Сырт келбетіне көз тойғандай, кесек тұлғалы.* **Ер көкірек**. *Намысшыл, өр мінезді, айбатты.* **Ер көңіл.** а) *Мойымайтын, ашық-жарқын ниет.* ә) *Бірбеткей, өр мінезді.* **Ер көңілді.** *Батыр мінезді, көңілшек.* **Ер қара болды.** *Ел қатарына қосылды, азамат болды.* **Ер қаруы бес қару.** к ө н е. *Қылыш, найза, садақ, шоқпар және сойыл – ерлер асынып жүретін қару-жарақ.* **Ер құны.** т а р. а) *Елге қадірлі ер адамдар мен болыс, би, батыр т.б. адамдардың кісі қолынан болған өліміне байланысты кесілетін құн өлшемі.* ә) *Қатардағы ер адамға төленетін құн мөлшері.* **Ер маңдайын баққа бер.** т і л е к. *Батырды, ер-азаматты бақытқа баста.* **Ер мойнында қыл арқан шірімес.** *Кісіде кісі ақысы кетпес, түбінде ол да сондай бір жақсылықты қайтарар.* **Ер мұрынды**. *Дөңес келген үлкен мұрынды, қошқар тұмсық.* **Ер мінез.** *Батыл, қайсар, бірбет мінез.* **Ер мінезді.** *Өжет, батыл.* **Ер ортасы жасқа келді**. *Орта жасқа толды, ақыл тоқтатты.* **Ер сайыс**. *Ер адамдардың күш сынасып, сайысқа түсуі.* **Ердің сойы**. *Ердің ері, төресі.* **Ер сымбатты**. *Ер келбетті, батыр тұлғалы.* **Ер тартты.** к о л ө н е р. *Ер ағашын көнмен тартып қаптады.* **Ер тәуекел.** *Қиындыққа қарамай, іске батыл кірісу, нар тәуекел.* **Ер тұяқ.** к ө н е. *Ұл бала, еркек кіндік.* **Ер түрік.** *б е й н.* *Ержүрек, түркі елінің батыры.* **Ер шекіспей бекіспейді.** *Басы қатты болса да, аяғы тәтті болатын іс, қақтығысып барып түсініскен адамдар жайында айтылады.*

**ЕР**[2] з а т. *Көлікке салт мінгенде, тоқымның үстінен салатын арнаулы жабдық.*

**Ер қосу**. *Ердің бөлшектерін, жонып, қиюластыру, құрау.* **Ер салды.** *Атты ерттеді.* **Ер шапты**. *Ер жасады.* **Ері мойнына кетті.** а) *Жүдеп-жадады; берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді.* ә) *Қысылды, ұялды, үнжырғасы түсті.* **Ерін бауырына [мойнына] алып тулады [мөңкіді].** *Қатты ашуланды, шала бүлінді, бұрқан-тарқан болып ашуланды.* **Ерін бір алмады.** *Аты үнемі ерттеулі болды, жорыққа ат-тұрманы әзір тұрды.* **Ерін – жастық, тоқымын төсеніш етті.** *Үнемі жолда болды, атүсті жүрді.*

**ЕР=** е т. **1.** *Біреудің соңынан ілесу, бірге жүру.* **2.** *Еліктеу, елігу.* **3.** а у ы с. *Ырқына көну, бағыну.*

**ЕР-АЗАМАТ** з а т. *Бас көтерер еркек адам, жігіт.*

**ЕРАПАЙСЫЗ** с ы н. *Жөнсіз, орынсыз, қолайсыз.*

**ЕРАПАЙСЫЗДЫҚ** з а т. *Жөнсіздік, дөрекілік, қолапайсыздық.*

**ЕР-ӘБЗЕЛ** з а т. *Ер-тұрман.*

**ЕР-ӘЙЕЛ** з а т. *Көпшілік, түгел, бәрі.*

**ЕРБАСЫ** з а т. ө с. *Шерменгүлдің түрі.*

**ЕРБЕЙ**= е т. с ө й л. ***Ерби.***

**ЕРБЕЙТ**= е т. с ө й л. ***Ербит.***

**ЕРБЕЙТУ** с ө й л. *Ербейт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРБЕК** с ы н. с ө й л. *Ербең-ербең еткен, ербеңдеген.*

**Ербек қақты.** *Ербеңдеді, ербең-ербең етті.*

**ЕРБЕКЕЙ** с ы н. э к с п р. *Ербең-ербең еткен.*

**ЕРБЕК-СЕРБЕК** с ы н. с ө й л. ***Ербең-сербең.***

**ЕРБЕЛЕҢ** с ы н. *Ербең-ербең, шошаң-шошаң, қараң-құраң.*

**ЕРБЕЛЕҢДЕ**= ет. *Ербең-ербең ету, ербию, қараңдау.*

**ЕРБЕЛЕҢДЕТ**= ет. *Ербең-ербең еткізу, шошаңдату.*

**ЕРБЕЛЕҢДЕТУ** *Ербелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРБЕЛЕҢДЕУ** *Ербелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРБЕҢ** елік. *Қолдың, бойдың ұзын болуына байланысты ебедейсіз қимылды, ербелең еткенді бейнелейтін сөз.*

**Ербең етті [қақты].** *Қараңдау, ербелеңдеу.* **Ербең құлақ.** *Құлақтары ербиген.*

**ЕРБЕҢДЕ**= ет. *Ербең қағу, ербең-ербең ету.*

**ЕРБЕҢДЕС**= ет. *Ербең қағысу, ербең-ербең етісу.*

**ЕРБЕҢДЕСУ** *Ербеңдес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ербең-ербең етісу.* **2.** *Қараңдасу, көлбеңдесу.*

**ЕРБЕҢДЕТ**= ет. *Ербең қақтыру, ербең-ербең еткізу.*

**ЕРБЕҢДЕТУ** *Ербеңдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ербең-ербең еткізу.* **2.** *Тырбаңдату, әрлі-берлі сермеу.*

**ЕРБЕҢДЕУ** *Ербеңде етістігінің қимыл атауы; көлбеңдеу, тырбаңдау.*

**ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ** елік. *Бір нәрсенің әрі-бері немесе жоғары-төмен жылдам, кейде ебедейсіз қозғалысын білдіретін бейнелеуіш сөз.*

**Ербең-ербең етті.** *Ербеңдеді, тырбаңдады.*

**ЕРБЕҢ-СЕРБЕҢ** елік. сөйл. ***Ербең-ербең.***

**Ербең-ербең еткізді.** *Әрлі-берлі сермеді, тырбаңдады.* **Ербең-ербең етті.** *Әрлі-берлі серпілді, тырбаң-тырбаң етті.*

**ЕРБЕЮ** сөйл. *Ербей етістігінің қимыл атауы.* ***Ербию.***

**ЕРБИ**= ет. **1.** *Ұзын нәрсенің қораш көрінуі.* **2.** *Едірею, селтию.*

**ЕРБИТ**= ет. *Дүрдиту, селтиту, қалқиту.*

**ЕРБИТУ** *Ербит етістігінің қимыл атауы; қалқайту.*

**ЕРБІК** сын. *Тікірейген, ербиген, қайратты.*

**ЕРБИІС**= ет. *Әр жерден бір ербиіп көріну.*

**ЕРБИІСУ** *Ербиіс етістігінің қимыл атауы, селтиісу, сексиісу.*

**ЕРБИЮ** *Ерби етістігінің қимыл атауы; селтиіп тұру.*

**ЕРБІКТЕУ** сын. сөйл. ***Ербиіңкілеу.***

**ЕРБІҢ** сын. жерг. *Ербиіңкі, селтиген.*

**ЕРГЕЖЕЙ** сын. сөйл. ***Ергежейлі.*** *Өте кішкентай, аласа, тапал бойлы.*

**ЕРГЕЖЕЙЛІ** сын. **1.** *Өте кішкентай, аласа, қортық.* **2.** *Бойы 120-130 см-ден қысқа болып келетін тапал адам; лилипут.*

**Ергежейлі қосаяқ**. зоол. <лат. salpingotus pallidus> *Арал өңіріндегі Қарақұм мен Борсыққұмда, Алматы облысындағы оңтүстік Балқаш құмдарында кездесетін дене тұрқы 52-61 мм., салмағы 8-12 г. болып келетін қосаяқ.* **Ергежейлі партиялар.** окказ. *Жаңа құрылған, ұсақ партиялар.*

**ЕРГЕЖЕЙЛІЛІК** зат. мед. <грек. nannos> *Адам бойының қалыпты деңгейден (120-130 см) төмен болуы.*

**ЕРГЕНЕК** зат. **1.** этн. *Киіз есіктің тосқауыл ағашы.* **2.** этн. *Киіз үйдің ағаш есігі; сықырлауық.* **3.** этн. *Сықырлауық есіктің көсігі.* **4.** *Қораның, шоп шарбағының есігі.* **5.** қолөнер. *Ойыққа кіріп тұратын, есіктің асты мен үстіндегі топса қызметін атқаратын, есік бойынан шығып тұрған қазық тәрізді қалам.*

**Ергенек шыбық.** қолөнер. *Ағаштардан шарбақ тәрізді етіп тоқып жасалған есік, шарбақ.*

**ЕРГЕНЕКТЕЙ** сын. *Ергенек сияқты, ергенек тәрізді.*

**ЕРГЕНШЕК** зат. этн. *Киіз үйдің есігі; ергенек, сықырлауық.*

**ЕРГЕШ** зат. өс. <лат. stroganovia> *Шалғын далада, шөл мен шөлейт, сортаң жерлерде болатын, орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕРГЕШТІР=** ет. *Ерту.*

**ЕРГІЗ**= ет. *Ерту, ілестіру.*

**ЕРГІЗДЕ** үст. *Ешқашан.*

**Ергізде екі болмады.** *Өсіп-өнбеді, көбеймеді.* **Ергізде таусылмас.** *Ешқашан таусылмайтын, сарқылмайтын.*

**ЕРГІЗУ** *Ергіз етістігінің қимыл атауы; күштеумен, зорлықпен, алдаумен ерту.*

**ЕРГІШ** сын. **1.** *Кім көрінгенге ере беретін.* **2.** ауыс. *Сенгіш, нанғыш, иланғыш, сөзге еліткіш, ойланбайтын.*

**ЕРГІШТЕ**= ет. *Ілесе түсу, соңынан қалмау.*

**ЕРГІШТЕУ** *Ергіште етістігінің қимыл атауы; ілесіп кеткісі келіп тұру.*

**ЕРГІШТІК** зат. *Өз ойы жоқтық, біреудің немесе бір нәрсенің әсеріне тез түскіш жағымсыз қасиет.*

**ЕРДЕЙ** сын. **1.** *Ер адам сияқты, ер адам тәрізді. // Ер адаммен тең дәрежеде.*

**ЕРДЕЛЕН**= ет. жерг. *Жал-жал қылып, ердене-ердене етіп жинау.*

**ЕРДЕНЕ** зат. кәс. *Тұқым, дақылдарды және олардың өсіп-өнуіне қажетті өнімдерді салып қоятын орын, ыдыс.*

**ЕРЕБЕЙСІЗ** сын. сөйл. *Рабайсыз, ебедейсіз.*

**ЕРЕБІ** зат. *Қымыз сабаның түбінде тұнып қалған қою ірімшік; қор.*

**Еребі қор.** *Саба түбінде тұнған қою ірімшік, қор.*

**ЕРЕГЕС** зат. сөйл. ***Ерегіс.***

**ЕРЕГЕС**= ет. сөйл. ***Ерегіс.***

**ЕРЕГЕСКЕК** сын. сөйл. ***Ерегіскіш.***

**ЕРЕГЕСПЕ** сын. сөйл. ***Ерегіспе.***

**ЕРЕГЕСТІР**= ет. *Ерегестіру, қасарыстыру.*

**ЕРЕГЕСТІРУ** *Ерегестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕГЕСУ** *Ерегес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕГЕСУШІЛІК** зат. *Таласып-тартысушылық, тіресушілік, қырсығушылық.*

**ЕРЕГІС** зат. *Өштесушілік, тартысушылық, егесушілік.*

**Ерегіске түсті.** *Ерегісті, егесті.* **Ерегіске соқтырды.** *Ерегістірді, өштестірді.* **Ерегіс туғызды.** *Ерегістірді, жанжалдастырды.*

**ЕРЕГІС**= ет. **1.** *Тартысу, тіресу, өштесу, егесу.* **2.** *Аңдысу, тақасу.* **3.** *Қырсығу, қасарысу.*

**ЕРЕГІСКЕНДЕЙ** үст. *Қырсыққандай, қасарысқандай, егескендей.*

**ЕРЕГІСКІШ** сын. *Өштескіш, егескіш, қасарысқыш.*

**ЕРЕГІСПЕ** сын. *Егескіш, қасарысқыш.*

**ЕРЕГІСТІР**= ет. *Егестіру, қасарыстыру.*

**ЕРЕГІСТІРУ** *Ерегістір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Егестіру, қасарыстыру.* **2.** ауыс. *Еліту, шабытын шақырып, қызыққа итермелеу.*

**ЕРЕГІСУ** *Ерегіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕГІСІМПАЗ** сын. *Ерегіспе, ерегіскіш.*

**ЕРЕГІСІМПАЗДЫҚ** зат. *Ерегіспелік, қасарысқыштық.*

**ЕРЕЖЕ**[1] зат. **1.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі құқығының негізі болып жабылатын, нормативтік-құқықтық қағидалар.* **2.** *Қоғамдағы белгілі бір құбылыстың қалыптасқан арақатысына негізделген заңдылық, тәртіп.* **3.** пед. *Оқулықтағы белгілі бір анықтама, түсінік.* **4.** *Қандай да бір ғылым, өндіріс саласындағы орындалатын жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің, арақатынастың тәртібі, ретін көрсететін қағидаттар.*

**Ереже [тәртіп, қаулы] бұзды.** ресми. *Қандай да бір қоғамдық қатынас немесе әрекет үшін ресми түрде бекітілген реттіліктен, нұсқаулардан ауытқыды, оларды орындамады.* **Ережелер жинағы.** *Белгілі бір пән саласына жататын қағидалар жиынтығы.* **Ереже сөз.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі құқығының негізін көрсететін ұлағатты, өнегелі сөз.*

**ЕРЕЖЕ**[2] зат. **1.** зерг. *Ұсталар белгі салу үшін пайдаланылатын бау, жіп, сызғыш.* **2.** құр. *Құрылысшылардың қаланған тастың, қыштың тегістігін, тіктігін тексеретін түзеткіш аспап.*

**ЕРЕЖЕ**[3] зат. жерг. *Қымыздың түбінде қалған іртігі.*

**ЕРЕЖЕЛІ** = ет. *Ережеге айналдыру, ереже ету.*

**ЕРЕЖЕЛЕУ** *Ережеле етістігінің қимыл атауы; ережеге айналдыру.*

**ЕРЕЖЕЛІ** сын. *Ережесі бар, ережеге негізделген, белгілі бір заңдылыққа сүйенген.*

**ЕРЕЖЕП** [ар. رجب] зат. діни. *Мұсылман күнтізбесі бойынша, жетінші ай, қасиетті төрт айдың бірі.*

**ЕРЕЖЕСІЗ** сын. *Белгісіз, бекітілген тәртібі жоқ.*

**ЕРЕЖЕ-ТӘРТІП** зат. *Белгілі заңдылықтар.*

**ЕРЕЖЕ-ШАРТ** зат. *Белгілі тәртіп, істі жүзеге асыру үшін керек жағдай.*

**ЕРЕЙ**= ет. сөйл. ***Ерби.***

**ЕРЕЙГЕН-СЕРЕЙГЕН** сын. *Орайған-сорайған, серейген.*

**ЕРЕЙМЕН** зат. өс. ***Ермен.***

**ЕРЕЙІП-СЕРЕЙІП** үст. *Сорайып, сексиіп.*

**ЕРЕК** үст. *Өзгеше, бөлекше, дара.*

**Ерекке бер.** көне. *Сыйға бер.*

**ЕРЕКТЕ**= ет. сөйл. ***Ерекшелеу.***

**ЕРЕКТЕН**= ет. *Бөлектену, жырылу, ерекшелену.*

**ЕРЕКТЕНУ** *Еректен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕКТЕУ** сын. *Бөлекшелеу, айрықшалау, ерекшелеу.*

**ЕРЕКШЕ** үст. *Өзгеше, айрықша, басқаша, төтенше.*

**Ерекше белгі.** *Адамның, заттың т.б. бет әлпетінде, пішінінде, жалпы тұлғасында болатын айрықша белгілер.* **Ерекше сұранымды тауарлар.** экон. *Сатып алу аларман тарапынан қосымша күш-жігер мен шығындар жұмсауды қажет ететін бірегей ерекшеліктері бар тауарлар.* **Ерекше ілтипатпен.** *Риясыз көңілмен, жақсы сезіммен.*

**ЕРЕКШЕЛЕ**= ет. *Айрықшалау, оқшаулау, арнайы бөліп көрсету.*

**ЕРЕКШЕЛЕН**= ет. *Айрықшалану, өзгешелену.*

**ЕРЕКШЕЛЕНДІР**= ет. *Әдеттегіден өзгешелендіру, айрықшаландыру.*

**ЕРЕКШЕЛЕНДІРУ** *Ерекшелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕКШЕЛЕНУ** *Ерекшелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕКШЕЛЕУ** зат. инф. *Жұмыс үстеліндегі бір объектіні тышқан меңзерімен көрсетіп тұрып, оны шерту арқылы белгілеп алу.*

**ЕРЕКШЕЛЕУ**[1] сын. *Айтарлықтай өзгеше, басқашалау.*

**ЕРЕКШЕЛЕУ**[2] *Ерекшеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕКШЕЛІК** зат. *Өзгешелік, айрықшалық, өзіндік қасиет.*

**ЕРЕКШЕЛІКСІЗ** сын. *Өзіне тән айырмашылықсыз, өзгешеліксіз.*

**ЕРЕЛГІ** зат. *Ерсілік, өрескелдік.*

**ЕРЕ-МЕРЕ** үст. сөйл. *Соңынан ілескен бойы, ерген бойы.*

**ЕРЕН**[1] сын. **1.** *Ерекше, айрықша.* **2.** *Асқан, аса, тым зор.*

**Ерен ер.** *Асқан ер жүрек, батыр.* **Ерен жүйрік.** *Асқан жүйрік.* **Ерен жігіт. Е***рекше, күшті, бөлек жаратылған жігіт.* **Ерен санамады.** *Санаспады, менсінбеді.*

**ЕРЕН**[2] сын. *Өңкей, кілең.*

**ЕРЕН**[1] зат. көне. *Дос, жаран, пірдің серігі.*

**ЕРЕН**[2] зат. өс. *Шаған (полеоген кезеңінен сақталып келе жатқан сүрегі мықты, биіктігі 25 м-дей, діңі түзу сирек кездесетін ағаш.*

**ЕРЕНДІК** зат. *Ерекшелік, айрықшалық; күштілік, мықтылық.*

**ЕРЕН-ЖАРАН** зат. сөйл. ***Өрен-жаран.***

**ЕРЕН-ПАРАН** үст. жерг. *Елең-алаң, алакеүгім шақ.*

**ЕРЕНСІЗ** сын. сөйл. **1.** *Бейқам, қамсыз.* **2.** *Ешкім мән бермейтін, көңіл бөлмейтін.*

**ЕРЕНСІЗДЕУ** сын. сөйл. *Бейқамдау, аңғалдау.*

**ЕРЕНСІЛТЕМЕ** зат. инф. *Файлға, файлдағы белгілі бір жерге немесе Интернеттегі веб-бетке өту үшін үстінен нұқым жасалатын, асты сызылған түсті мәтін немесе сурет.*

**ЕРЕН-ТОЗАН**: **ерен-тозан қылды**. жерг. *Быт-шыт қылды, тоз-тоз етті.*

**ЕРЕҢ** зат. өс. *Денесінен от алғыш эфир майын бөліп шығаратын бұта.*

**ЕРЕҢ**: **ереҢ қылмады [қылған жоқ]**. *Мән бермеді, көңіл бөлмеді.*

**ЕРЕҢ-СЕРЕҢ: ереҢ-сереҢ етті**. сөйл. *Ербең-ербең етті.*

**ЕРЕПАН** үст. жерг. *Өте, орасан, ересен.*

**ЕРЕПЕЙСІЗ** сын. *Ебедейсіз, қолапайсыз.*

**ЕРЕПЕЙСІЗДЕУ** сын. *Қолапайсыздау, ебедейсіздеу.*

**ЕРЕС** зат. діни. *Ресми шіркеу догмаларынан ауытқитын христиандық діни ағым.*

**ЕРЕСЕ** зат. жерг. *Орташа алынған есеп.*

**ЕРЕСЕЙ**= ет. сөйл. ***Есей.***

**ЕРЕСЕК** сын. **1.** *Есейген, ер жеткен, естияр.* //*Есейген, естияр адам.*

**Ересек бала**. *13-15 жас аралығындағы жасөспірім.* **Ересек тартты**. *Өсті, үлкейді, ер жетіңкіреді.* **Ересек тұтты [санады]**. *Есейіп, ер жеткен деп есептеді.*

**ЕРЕСЕК-ЕГДЕ** сын. *Естияр, бас көтерер үлкен. // Бас көтерер, естияр азамат.*

**ЕРЕСЕКТЕЙ** сын. *Ересек адамдай, үлкендердей.*

**ЕРЕСЕКТЕН**= ет. *Есейіп, ер жету, өсу, үлкею.*

**ЕРЕСЕКТЕНУ** *Ересектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕСЕКТЕУ** сын. *Жасы үлкендеу, ересегірек.*

**ЕРЕСЕКТІК** зат. *Үлкендік, өсіп, ер жеткендік // Үлкенге тән, үлкендердегідей.*

**ЕРЕСЕКШЕ** үст. *Ересек тәрізденіп, ересектерге ұқсап.*

**ЕРЕСЕН** сын. *Ерекше, өзгеше; орасан, ғаламат, ғажап.*

**ЕРЕСЕЮ** *Ересей етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕСІ** сын. жерг. *Жасы үлкен, егде; дегдар.*

**ЕРЕТ** зат. жерг. *Зәкірдің жібін байлайтын ағаш.*

**ЕРЕУ** үст. жерг. *Беталды, лағып, өз бетінше.*

**ЕРЕУЛЕ**= ет. сөйл. ***Ереуілде.***

**ЕРЕУЛІ** сын. сөйл. ***Ереуіл.***

**ЕРЕУІЛ**[1] зат. ескікіт. *Жорық, жортуыл, соғыс.*

**Ереуіл ат**. *Шайқасқа түсерде мінілетін ат.* **Ереуіл атқа ер салды**. *Ұрыс атына ер салды, соғысқа аттанды.* **Ереуіл жасау.** жерг. *Іші пысу, зерігу.*

**ЕРЕУІЛ**[2] зат. саяси. **1.** *Жалданып еңбек етуші адамдардың еңбек жағдайына қатысты әкімшіліктің алдына белгілі бір талаптар қойып, жұмысты уақытша тоқтатуы.* **2.** *Жаппай бас көтеріс, жаппай қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік.*

**Ереуілге қарауыл**. а) *Ісіне қарай лайықты іспен жауап беру, есесін қайтару, қысасқа қысас қылу.* ә) *Қимылға, қозғалысқа шақыратын үндеу сөз.* **Ереуілге шықты.** *Ұйымдасқан түрде наразылығын білдіріп, ереуілдеді.* **Ереуіл жасады.** а) *Наразылықтарын, талап-тілектерін білдіріп, ереуілге шықты, ереуілдеді.* ә) *Қарсылық білдірді, қарсы тұрды.* **Ереуіл сөз.** *Ар-намысты қолдан бермеуге шақыратын өршіл рухты сөз.*

**ЕРЕУІЛДЕ**= ет. **1.** саяси. *Ұйымдасқан түрде наразылық білдіріп, ереуілге шығу.* **2.** *Дүрлігу, жаппай қозғалу, аттану.* **3.** ауыс. *Көтерілу, қаулап өсу.*

**ЕРЕУІЛДЕС**= ет. ***Дүрлігісу.***

**ЕРЕУІЛДЕСУ** *Ереуілдес етістігінің қимыл атауы. Жаппай көтерілісу, дүрлігісу.*

**ЕРЕУІЛДЕТ**= ет. *Дүрліктіру, жаппай қозғалысқа келтіру.*

**ЕРЕУІЛДЕТУ** *Ереуілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЕУІЛДЕУ** *Ереуілде етістігінің қимыл атауы; дүрлігу, жаппай көтерілу.*

**ЕРЕУІЛДЕУЛІ** сын. *Дүрліккен, жаппай көтерілген.*

**ЕРЕУІЛДІ** сын. **1.** *Дүрліккен, бас көтерген, ереуіл үстіндегі.* **2.** ауыс. *Мазасыз, тынымсыз.*

**ЕРЕУІЛШІ** зат. *Ереуіл жасаушы, ереуілге шығушы.*

**ЕРЕУІЛШІЛ** сын. *Ереуілге қатысушы, ереуілді қолдаушы. // Ереуілге қатысушы адам.*

**ЕРЖАНДЫ** сын. ***Күйеужанды.***

**ЕРЖЕТ**= ет. *Кәмелетке толу, ересек жасқа жету.*

**ЕРЖЕТУ** *Ержет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЖҮРЕК** сын. *Жүрек жұтқан, батыр, жүректі.*

**ЕРЖҮРЕКТІ** сын. сөйл. ***Ержүрек.***

**ЕРКЕ** сын. **1.** *Бұла болып өскен, шолжаң, ерке-тотай.* **2.** *Беткеұстар, қадірлі, сыйлы, құрметті.* **3.** ауыс. *Асау, буырқанған, тасыған.*

**Ерке тотай елік.** поэт. *Еркін, қақпайсыз өскен қыз.*

**ЕРКЕ-БҰЛАН** сын. *Әлпештеген, қағу-соғу көрмеген. // Біреудің әлпештеген аяулылары, ерке-шолжаң баласы.*

**ЕРКЕ-БҰЛАНДАУ** сын. *Қағу-соғу көрсетпей, бетінен қақпай.*

**ЕРКЕЖАН** зат. этн. *Жеңгесінің қайын сіңлісін еркелетіп атауы.*

**ЕРКЕЙТ**= ет. *Еркелетіп, бет қақпай өсіру.*

**ЕРКЕЙТУ** *Еркейт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕК**[1] зат. **1.** биол. *Хайуанаттардың, басқа да жанды тіршілік иелерінің тұқым шашатын жыныстылары.* **2.** *Ер жынысты адам.* **3.** *Әйелдің некелеп қосылған күйеуі, жұбайы.* **4.** *Күшті, мықты ер адам, нағыз жігіт.*

**Еркек алтын [күміс].** зерг. *Төмен сапалы, өңделмеген, қоспасы бар алтын не күміс.* **Еркек бала**. *Ер жынысты бала, ұл.* **Еркек балаша.** *Ұл баладай, жігіт сияқты.* **Еркек басыңмен**. кею. *Еркек бола тұрып.* **Еркек жіп.** этн. қолөнер. *Күзуде болып, үнемі үске шығып отыратын өрмектің жібі.* **Еркек кіндік [кіндікті].** *Еркек атаулы, еркек біткен, еркек баласы.* **Еркек кіндік [еркек тоқты, ер] құрбандық.** *Ел мүддесі, елдік сияқты биік, асқақ мақсатқа жету жолында ер азаматтың жаны пида, жаны садақа [Мұсылман аңыздары бойынша, Ыбрайым пайғамбар Алланың аянын орындау үшін баласы Ысмайылды құрбандыққа шалмақшы болып, Ысмайыл да Құдай жолында жанын пида қылмақшы болып тұрғанда, Алланың рақымы түсіп, құрбандық ретінде көктен қошқар түседі; осыған байланысты еркек тоқты, еркек кіндік құрбандық деген сөзқолданыс қалыптасқан].*

**Еркек кіндіксіз.** *Ер адам жоқ, кілең әйел. Ер баласы, ұлы жоқ.* **Еркек қаздай қоқиланды.** бейн. *Қыр көрсетті.* **Еркек қара қарғадай.** экспр. мысқыл. *Жарбиған, шалқаңдаған, шайқалаңдаған.* **Еркек қиық көз**. *Нағыз еркектерше қарап, тани білетін қырағы көз.* **Еркек қой**. *Бойдақ қой.* **Еркек қойын аударады**. *Еркек малды ұрғашы малға ауыстыру, мал өнімін өсіру.* **Еркек мінез**. *Кесіп бір-ақ айтатын ер адамға лайық мінез.* **Еркек тіс.** зерг. *Күміспен әшекейленген сүйек тарақтың ірі тістері.* **Еркек усасыр.** өс. <лат. dryopteris filix-mas> *Тамыр сабағы жуан, қоңырқай түсті, көлбеу өсетін, көптеген жіңішке, қосалқы тамырлары бар, биіктігі 1 м-ге дейін жететін көпжылдық, шөптектес өсімдік.*

**ЕРКЕК**[2] зат. өс. <лат. argopyron pectiniforme> *Сояуының ұшына масақ салып, шоқшоқ боп өсетін бидайық тұқымдас қыр шөбі.*

**ЕРКЕКБЕТЕГЕ** зат. өс. <лат. festuca giganthea> *Астық тұқымдасы бетеге туысына жататын өсімдік.*

**ЕРКЕКБИДАЙЫҚ** зат. өс. <лат. agropyron cristatum> *Астық тұқымдасы бидайық туысына жататын өсімдік.*

**ЕРКЕКГҮЛ** зат. бот. *Жеміс бермейтін гүл.*

**ЕРКЕКЖАНДЫ** сын. *Ер мінезді, қайратты.*

**ЕРКЕКҚАМЫС** зат. өс. <лат. erianthus> *Астық тұқымдасы еркекқамыс туысына жататын өсімдік.*

**ЕРКЕКҚЫРЫҚҚҰЛАҚ** зат. өс. <лат. *pteridium*> *Кәдімгі қырыққұлақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕРКЕКСУ** *Еркексі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еркектігін көрсету, еркек болғансу, дікіңдеу.* **2.** *Еркекті аңсау, ер адамды сағыну.*

**ЕРКЕКСІ**= ет. **1.** *Еркекке ұқсағансу, өзін еркек санау.* **2.** *Еркек болғансу, қоқаңдау.* **3.** *Еркекті аңсау, еркекті сағыну.*

**ЕРКЕКСІЗ** сын. *Еркегі жоқ, еркек болмаған жерде.*

**ЕРКЕКСІН**= ет. *Ерсіну, ер адамсыну.*

**ЕРКЕКСІНУ** *Еркексін етістігінің қимыл атауы; еркек болғансу, қоқаңдау.*

**ЕРКЕКСІРЕ**= ет. *Ер-азаматты, еркекті аңсау, сағыну, жоқтау.*

**ЕРКЕКСІРЕУ** *Еркексіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕКТАС** зат. *Диірменнің үстіңгі тасы.*

**ЕРКЕКТЕ: еркектеп кетті**. жерг. *Көкөніс (көбіне қауын-қарбызға қатысты) түйінді аз салды, түсімді аз берді.*

**ЕРКЕКТЕЙ**[1] сын. *Еркек сияқты, еркек тәрізді.*

**Бір еркектей намысы бар.** *Ер жігітке жетерлік рухы бар.*

**ЕРКЕКТЕЙ**[2] сын. *Еркекшөп сияқты, еркекшөп тәрізді.*

**ЕРКЕКТІК** зат. **1.** *Еркек адамға тән қадір-қасиет, қайсарлық, мықтылық.* **2.** *Жалпы еркек жынысқа тән қасиет; мінез-құлық.* *3. Еркектектілік.*

**Еркектік көрсетті.** а) *Ерлікке тән, қылық, қимыл-әрекет істеді.* ә) *Сабыр сақтады, мойымады, жүнжімеді.* б) *Қоқаңдау, әкіреңдеу.*

**ЕРКЕКТІС** зат. *Шаштарақтың ірі және сирек тістері.*

**ЕРКЕК-ҰРҒАШЫ** зат. **1.** *Жануарлардың аталық, аналық жыныстары.* **2.** қарап. *Еркек пен әйел біткен, бәрі де.*

**ЕРКЕК-ҰРҒАШЫЛЫ** сын. *Еркегі де, ұрғашысы да бар.*

**ЕРКЕКШЕ** үст. *Еркек сияқтанып, еркекке ұқсап.*

**ЕРКЕКШОРА** сын. *Ұл балаша киініп, еркін өскен (қыз).*

**Еркекшора болды.** *Ұл балаша киініп жүрді.*

**ЕРКЕКШОРАЛАУ** сын. *Еркек бала тәрізділеу, еркекке ұқсастау.*

**ЕРКЕКШОРАЛЫҚ** зат. *Еркекке ұқсастық, ұл бала сияқтылық.*

**ЕРКЕКШОРАША** үст. *Ұл балаға ұқсап, сол тәрізденіп.*

**ЕРКЕКШӨП** зат. өс. <лат. agropyron> *Құмды жерде шоқ-шоқ боп өсетін бидайық тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік; еркекбидайық.*

**ЕРКЕКШІЛЕ**= ет. *Еркек сияқтану, ер адамға ұқсау.*

**ЕРКЕКШІЛЕУ** *Еркекшіле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕЛЕ**= ет. **1.** *Баланың ата-анаға, жасы кішілердің үлкен адамға еркетотайлануы, шолжаңдауы.* **2.** *Жақсы көріп еркінсу, иек арту, өзімсіну.* **3.** *Наздану, жақсы көріп еркетайлану.* **4.** ауыс. *Ит иесін танып бұлаң қағуы, арсалаңдауы.*

**ЕРКЕЛЕГІШ** сын. *Еркелеуді жақсы көретін, ұнататын.*

**ЕРКЕЛЕН**= ет. **1.** *Наздану, еркетотайлану.* **2.** *Еркінсу, өзімсіну.*

**ЕРКЕЛЕС**= ет. *Назданысу, бір-бірін еркелету.*

**ЕРКЕЛЕСУ** *Еркелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕЛЕТ**= ет. **1.** *Ата-ананың, жасы үлкен адамның балаға, өзінен кішіге еркелеуіне мүмкіндік жасау.* **2.** *Наз білдірту, еркінсіту, иек артқызу.*

**ЕРКЕЛЕТУ** *Еркелет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еркелеуге мүмкіндік жасау, шолжаңдату.* **2.** ауыс. *Қастерлеу, қадірлеу.*

**ЕРКЕЛЕУ**[1] сын. *Еркелегіштеу, шолжаңдау.*

**ЕРКЕЛЕУ**[2] *Еркеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерке-тотайлану, шолжаңдау.* **2.** *Назданып, еркінсу, өзімсіну.*

**ЕРКЕЛІ** сын. *Назды, еркелегіш, сүйкімді.*

**ЕРКЕЛІК** зат. **1.** *Бұла боп өскендік, еркетайлық, еркелеушілік, шолжаңдық.* **2.** *Наздық, еркінсушілік.*

**Еркелігін [назын, сөзін] көтерді.** *Базынаға, бопсаға шыдады, көңіліне ауыр алмады.*

**ЕРКЕМ** зат. экспр. этн. *Қазақ ғұрпында жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.*

**ЕРКЕ-МОМАҚАН** сын. *Жуас, момын, ерке.*

**ЕРКЕ-НАЗ** зат. *Жақынсынған адамға білдіретін, айтатын назы, көңіл сыры, еркелік.*

**ЕРКЕ-НАЗДЫ** сын. *Ерке-назы бар.*

**ЕРКЕСОҚ** сын. жерг. *Ерке-бұла, шолжаң.*

**ЕРКЕСУ** *Еркесі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕСЫМАҚ** сын. *Еркеге ұқсағансу, соған еліктеу. // Еркеге ұқсаған, еліктеген адам.*

**ЕРКЕСІ**= ет. *Ерке болып алу, еркінсу, еркелік жасағансу, дандайсу.*

**ЕРКЕСІН**= ет. *Еркелеу, ерке болғансу, еркелік жасағансыну.*

**ЕРКЕСІНУ** *Еркесін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКЕТАЙ** сын. экспр. **1.** *Ерке-бұлан, ерке-тотай, ерке-шора балаға, қызға, адамға қарата жақсы көру мәнінде айтылатын сөз.* **2.** ауыс. *Ардақты, ерекше құрметтелетін.*

**ЕРКЕТАЙЛЫҚ** зат. *Ерке бұландық, ерке-шоралық.*

**Еркетайлығын көтерді.** *Еркелігін көтерді, еркелегеніне кешіріммен қарады.*

**ЕРКЕТАЙЫМ** зат. *Жақсы көрген, аялаған өзінен жасы кіші адамды еркелетіп, наздандырып айтылатын қаратпа атауыш.*

**ЕРКЕ-ТӘЙТІК** сын. жерг. *Ерке-шолжаң, шолжақ.*

**ЕРКЕ-ТӘЙТІКТІК** зат. жерг. *Еркелік, тәйтіктік, шолжақтық.*

**ЕРКЕ-ТӘЛПІШ** сын. сөйл. ***Ерке-шолжаң.***

**ЕРКЕ-ТОТАЙ** сын. *Қағу-соғу көрмеген, еркін өскен, бұла.*

**ЕРКЕ-ТОТАЙЛАУ** сын. *Шолжаңдау, еркелегіштеу, ерке-наздылау.*

**ЕРКЕ-ТОТАЙЛЫҚ** зат. *Шолжаңдық, еркелегіштік, ерке-наздылық.*

**ЕРКЕШ**[1] зат. көне. ***Серке.***

**ЕРКЕШ**[2] зат. жерг. ***Ершік.***

**ЕРКЕШІМ** зат. экспр. *Еркетай, еркежан деген мағынадағы жақсы көрген адамына айтылатын қаратпа атауыш.*

**ЕРКЕ-ШОЛЖАҢ** сын. жағымды. *Еркетотай, ерке-бұлаң. //* жағымсыз. *Еркетотай, ерке-бұлаң, ештеңенің қадірін білмейтін бала.*

**ЕРКЕ-ШОЛЖЫҢ** сын. сөйл. ***Ерке-шолжаң.***

**ЕРКЕ-ШОРА** сын. **1.** *Бетімен еркін өскен, бұла.* **2.** сөйл. ***Еркек-шора.***

**ЕРКЕЙ**= ет. *Ержету, көркею, бұла өсу.*

**ЕРКӨБЕКТЕН**= ет. жерг. *Ерсіну, батырсыну.*

**ЕРКІМЕН** үст. *Өз қалауынша, өз тілегімен.*

**ЕРКІН** сын. **1.** *Өз тізгіні өзінде, қағажу көрмеген, бетімен өскен.* **2.** *Тәуелсіз, ерікті, бостан. // Бейбіт, тыныштық, еркіндік сүйгіш.* **3.** *Иесіз, сұраусыз, бос. // Қысылыпқымтырылмай, қымсынусыз, тежеусіз, кедергісіз.* **4.** *Оп-оңай, жеп-жеңіл, еш қиындықсыз.* **5.** *Мейлінше, қалауынша, армансыз. // Кең, молынан, керегінше, қалай болса солай.*

**Еркін айырбасталымды валюта.** экон. *Резиденттер үшін де, резиденттер емес үшін де валюталық шектеуді толық жойған елдердің валютасы.* **Еркін аударма**. әдеб. *Бір тілден екінші тілге автордың өз стилімен аударып жазылған көркем туынды.* **Еркін баға.** экон. *Тауарлар мен қызметтер нарығындағы сұраным мен ұсынымды ескере отырып, кәсіпорындар дербес немесе шарттық негізде белгілейтін баға.* **Еркін дала**. *Кең байтақ жер, ен дала; тәуелсіз ел.* **Еркін дүние**. *Жарық кең дүние, бостандық өмір.* **Еркін жерде.** *Жақындарының арасында, таныс ортада.* **Еркін жұптасу.** биол. *Көбею кезеңдерінде бір немесе бірнеше белгілеріне және оларды анықтайтын генотиптеріне қатысты әртүрлі ағзалардың кездейсоқ (таңдаусыз) жұптасуы.* **Еркін ирелең.** сушар. *Еңіс шегінің кемдігінен және шектеуші жағдайлардың болмауынан өзен арнасы иректігінің ұлғайып, өзен иреленің шегіне жетуі.* **Еркін кеден аймағы.** экон. *Тауарлар кеден бақылауынсыз және кеден бажын төлемей жіберілетін аумақ.* **Еркін күрес**. спорт. *Қарсыласын лақтыру, аударып түсіру, қапсыра ұстау, белден төмен ұстау т.б. техникалық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік берілетін күрес спортының кең тараған түрі.* **Еркін сайлау.** қоғ.-саяси. *Сырттан ешбір күштеу, әсер ету шараларынсыз, жоғарыдан тағайындаусыз азаматтардың өз ырқымен болған сайлау.* **Еркін тербеліс.** физ. *Механикалық, электірлік т.б. жүйелердің сыртқы әсерсіз, алғашқы берілген энергия есебінен болатын тербелісі.* **Еркін тиді**. а) *Жеңіл болды, оңай тиді.* ә) *Еш кедергісіз ие болды, емін-еркін иеленді.* **Еркін тыныс алды.** *Еркін жүрді, тайраңдады.* **Еркін шығарма.** пед. *Белгілі бір тақырып бойынша жазылған жазу жұмысы.* **Еркін экономикалық аймақ.** экон. *Белгілі бір аймақ аумағының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету үшін шетелдік инвестицияны, озық технология мен басқару тәжірибесін тарту мақсатымен құрылатын, нақты айқындалған әкімшілік шекарасы және ерекше заңды тәртібі бар арнайы аумақ.* **Еркін энергия.** физ. *Изохора-изотермалық термодинамикалық әлеуеттің немесе Гельмгольц энергиясының бір атауы.*

**ЕРКІНДЕ**= ет. **1.** *Өз еркі өзінде болу.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Өз бетінше жүру, қымсынбау, дандайсып кету.*

**ЕРКІНДЕН**= ет. *Өзін еркін сезіну, еркін ұстау.*

**ЕРКІНДЕНУ** *Еркінден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзін еркін сезіну, қысылыпқымтырылмау.* **2.** ауыс. *Босаңсу, жайбарақаттану.*

**ЕРКІНДЕС**= ет. *Еркін сезініс у, емін-еркін болысу.*

**ЕРКІНДЕСУ** *Еркіндес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКІНДЕТ**= ет. **1.** *Еркін болуына жағдай жасау, еркіндік беру.* **2.** *Емін-еркін жүру, өзін еркін ұстау.*

**ЕРКІНДЕТУ** *Еркіндет етістігінің қимыл атауы; еркін болуына жағдай жасау.*

**ЕРКІНДЕУ**[1] сын. **1.** *Қағажу көрмей, өз бетінше.* **2.** *Беттілеу, өткірлеу, батылдау.*

**ЕРКІНДЕУ**[2] *Еркінде етістігінің қимыл атауы; өз еркі өзінде болу, емін-еркін жүру.*

**ЕРКІНДІК** зат. **1.** *Өз дегенімен болу, еріктілік.* **2.** *Еркін болушылық.* **3.** *Тәуелсіздік, бостандық, теңдік.*

**Еркіндік берді.** *Еркіне жіберді, тежемеді.* **Еркіндік дәрежесі.** физ. *Дененің кеңістіктегі орнын анықтау үшін қолданылатын координаталар саны.*

**ЕРКІНДІКШІЛ** сын. *Еркіндікті, еркін болуды қалайтын.*

**ЕРКІНДІЛІК** зат. сөйл. ***Еркіндік.***

**ЕРКІНСУ** *Еркінсі етістігінің қимыл атауы; тым еркін болу, емін-еркін жүру.*

**ЕРКІНСУШІЛІК** зат. *Өзін еркін ұстаушылық, именбеушілік.*

**ЕРКІНСІ**= ет. **1.** *Тым еркін болу, өзімсіну, тайсалмау.* **2.** *Шектен шығу, асқақтау, дандайсу.*

**ЕРКІНСІЗДІК** зат. сөйл. ***Еріксіздік.***

**ЕРКІНСІН**= ет. *Өзімсіну, батылдану.*

**ЕРКІНСІНУ** *Еркінсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРКІНСІТ**= ет. **1.** *Өзін еркін ұстауға мүмкіндік беру, батылдандыру.* **2.** *Асқақтату, дандайсыту.*

**ЕРКІНСІТУ** *Еркінсіт етістігінің қимыл атауы; өзін еркін ұстауға мүмкіндік беру, батылдандыру.*

**ЕРКІНШЕ** үст. **1.** *Мейлінше, барынша, қалауынша.***2.** *Өз ықтиярымен, өз бетімен, өзінше.*

**ЕРКІНШІЛІК** зат. сөйл. ***Еркіндік.***

**ЕРКІНІРЕК** сын. *Еріктілеу, батылырақ.*

**ЕРҚАРА** зат. *Әйтеуір еркеккіндік санатындағы адам.*

**Ерқара жұрт.** *Санатта болмаса да, санда бар ел.*

**ЕРҚАТПАР** зат. геол. *Бір бағытта екі көтеріңкі, оған перпендикуляр бағытта екі түсіңкі құрылымдардан тұратын, сондықтан да тік бағыттағы қимасында синклиндік және антиклиндік пішіндердің астасуымен сипаттала отырып, сырт көрінісі кәдуілгі ерді еске салатын тектоникалық құрылымдар жүйесі.*

**ЕРҚАШТЫ**: **ерқашты болды**. *Мезі болды [ертоқымнан қашқалақтайтын көп мініліп жауыр болған аттың мінезінен келіп шыққан].*

**ЕРЛЕ**[1]= ет. *Нағыз ердің ісін істеу.*

**ЕРЛЕ**[2]= ет. сөйл. *Ерттеу, ер-тоқым салу.*

**ЕРЛЕН**[1]= ет. *Батылдану, еркіндену.*

**ЕРЛЕН**[2] = ет. *Күйеуге шығу, тұрмыс құру.*

**ЕРЛЕНДІР**= ет. *Батылдандыру, ер мінезді болуын қолдау.*

**ЕРЛЕНДІРУ** *Ерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЛЕНУ** *Ерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЛЕТ**= ет. сөйл. *Ерттеу, ер тоқым салдырту.*

**ЕРЛЕУ** *Ерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРЛІ**[1] сын. *Ері бар, күйеуі бар, тұрмыс құрған (әйел).*

**ЕРЛІ**[2] сын. *Ер-тұрманы бар, ерттелген.*

**ЕРЛІ-ӘЙЕЛДІ** сын. сөйл. ***Ерлі-зайыпты.***

**ЕРЛІ-БАЙЛЫ** сын. сөйл. ***Ерлі-зайыпты.***

**ЕРЛІ-БАЙЛЫША** үст. сөйл. *Ерлі-зайыптыға ұқсап.*

**ЕРЛІ-БАЙША** үст. сөйл. *Ерлі-зайыпты адамдарша.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫП** зат. *Заңды некеге отырып, тұрмыс құрған күйеу мен әйел, жұбайлар.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТАЙ** сын. *Ерлі-зайып сияқты, некелі адамдай.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ** сын. *Некеге отырып, тұрмыс құрған күйеу мен әйел. // Неке заңымен тұрмыс құрған, жұбайлы.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫДАЙ** сын. *Ерлі-зайыпты сияқты, некелі адамдай.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ** зат. *Ерлі-зайыпты болушылық.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫША** үст. *Ерлі-зайыптыларға ұқсап, некелі адамдарша.*

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПША** үст. *Ерлі-зайыпқа ұқсап.*

**ЕРЛІК**[1] зат. **1.** *Ержүректілік, батырлық, қаһармандық.* **2.** ауыс. *Ерлікке татитындай іс, қажырлы еңбек.*

**Ерлік [қысты] буды.** *Қайраты тасыды.* **Ерлік етті.** *Ерлік көрсетті, жүректілік танытты.* **Ерлік көрсетті.** *Батырлық істеді.* **Ерлік құрды**. *Батылдық, батырлық танытты, ержүректігімен атын шығарды.*

**ЕРЛІК**[2] зат. көне. *Еркектің жыныстық қатынасқа қабілеті, еркектік.*

**ЕРЛІКСІЗ** сын. *Ерлік жасаусыз, батырлықсыз.*

**ЕРЛІКТЕЙ** сын. *Ерлік сияқты, ерлік тәрізді.*

**ЕРЛІ-ҚАТЫН** зат. сөйл. ***Ерлі-зайып.***

**ЕРМЕ** сын. *Соңынан ергіш, ілескіш. // Ілесіп шыққан, соңынан ерген адам.*

**ЕРМЕК** зат. **1.** *Алданыш, жұбаныш, қызық.* **2.** жағымды. *Сүйіп айналысатын іс.* **3.** жағымсыз. *Еріккеннің ісі, бос нәрсе.* **4.** пед. <ағыл. hobby> *Бос уақытта адамның қызығып айналысатын ісі.* **5.** *Назарын салатын іс, айналысатын шаруа.*

**Ермек болды**. а) *Алданыш, жұбаныш етті, серік болды.* ә) *Мазақ қылды, тәлкек етті.* **Ермек қылды [етті]**. а) *Бос нәрсеге уақытын босқа жіберді.* ә) *Көңіліне алданыш етті, сүйікті ісімен айналысты.* **Ермек қылуға қара таппады.** *Ерігіп жүрді, ұрынуға адам таппады.*

**ЕРМЕКСАЗ** зат. <итал. plastilina> *Жабысқақ сазбалшыққа май, балауыз қосылып жасалған, әртүрлі заттарды мүсіндеуге арналған, жұмсақ, созылмалы зат.*

**ЕРМЕКСІЗ** сын. **1.***Түктен-түксіз, тыныш.* **2.** *Іссіз, бос, мағынасыз-мазмұнсыз.* **3.** *Шаруасыз, ермек қылатын нәрсесіз.*

**ЕРМЕКТЕ**= ет. *Уақыт оздыру, ермек ету.*

**ЕРМЕКТЕМЕ** зат. *Газеттегі оқырмандар бос уақытында шешетін сөзжұмбақ, сөзтізбек.*

**ЕРМЕКТЕС**= ет. **1.** *Уақыт оздырысу, күн өткізісу.* **2.** *Бірін-бірі ермек етісу, бірін-бірі қара көрісу.*

**ЕРМЕКТЕСУ** *Ермектес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРМЕКТЕУ** *Ермекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРМЕКШІЛ** сын. *Әңгімесі қызықтырып әкететін, әжуаға жаны жақын.*

**ЕРМЕКШІЛДІК** зат. *Ермек етушілік, ерігушілік.*

**ЕРМЕЛІ** сын. жерг. *Сөзге ергіш, айтқанына тұрмайтын.*

**ЕРМЕН** зат. өс. <лат. artemisia vulgaris> *Бірсабақты көпжапырақты шашақгүлді болып келетін ащы жусан туысының бір түрі, құнарлы жемшөптік өсімдік.*

**ЕРМЕНДІК** сын. *Ерменнен даярланған.*

**ЕРМЕНЕ** зат. бот. <лат. achillea millefolium> *Ақбас жусан туысына жататын, далалық жерде өсетін бозғылт түсті жатаған өсімдік.*

**ЕРМЕНЕЛІ** сын. *Ермене көп өскен, ерменесі көп.*

**ЕРМЕНСЫМАҚ** сын. *Ермен тәрізді,ерменге ұқсас.*

**ЕР-МЕРІМЕН** үст. *Ер-тұрманымен, ертоқымымен қоса қабат.*

**ЕРНЕ** зат. жерг. ***Ернеу.***

**ЕРНЕК** зат. **1.** жерг. *Ыдыс аяқтардың ернеуі.* **2.** *Жардың, құздың шеті.* **3.** *Шеткері жақ, сыртқары тұс.*

**ЕРНЕКТЕ**= ет. **1.** *Ернеуіне дейін лықа толтыру, шүпілдету, асып-төгілу.* **2.** ауыс. *Кернеу, сыймау.*

**ЕРНЕКТЕТ**= ет. *Аузы-мұрнына шейін шүпілдете толтыру, ернегінен асқанша құйдыру.*

**ЕРНЕКТЕТУ** *Ернектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРНЕКТЕУ** *Ернекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРНЕУ**[1] зат. **1.** *Ыдыс-аяқтардың жиегі, ауыз жақ шеті.* **2.** *Бір нәрсенің шеті, жиегі.* **3.** *Аңғар, өзен-көлдердің жырылған ойысы.* **4.** *Жиек.*

**ЕРНЕУ**[2] зат. *Үй, мекеме, бөлмелерінің терезе немесе есігінің үстінен көлбеу бағытта жүргізілген перде ілетін арқау.*

**ЕРНЕУЛЕ**= ет. **1.** *Лыққа толу, асып-төгілу.* **2.** *Жиектеу, жағалап жүру. // Жағалай, айнала.*

**ЕРНЕУЛЕТ**= ет. *Ернеуіне дейін құйдыру, шүпілдету.*

**ЕРНЕУЛЕТУ** *Ернеулет етістігінің қимыл атауы; ернеуіне жеткізе құю.*

**ЕРНЕУЛІ** сын. *Ернеуі бар.*

**ЕРНІ-БАСЫ** зат. сөйл. ***Бет-аузы.***

**ЕРНІ-ЕРНІ: ерні-ерніне жұқпады.** *Жылдап тез сөйледі.*

**ЕРСАҒЫЗ** зат. өс. ***Жерсағыз.***

**ЕР-САЙМАН** зат. сөйл. ***Ер-тұрман.***

**ЕР-САЙМАНДЫ** сын. *Ер-тұрманы бар.*

**ЕР-САЙМАНСЫЗ** сын. *Ер-сайманның қатысынсыз, ер-сайманы жоқ.*

**ЕРСЕ** шыл. *Сонда, егер.*

**ЕРСЕҢ-ҚАРСАҢ** үст. сөйл. *Ерсілі-қарсылы, арлы-берлі.*

**ЕРСУ** *Ерсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРСІ**[1] зат. қолөнер. *Өрмектің үстіңгі бой жібі, еркек жібі.*

**ЕРСІ**[2] зат. ***Еріс***[2] (*Керегелік желінің ең ұзын ағашы*).

**Ерсісі биік.** *Бойы биік, тұрқы ұзын.*

**ЕРСІ**[3] сын. **1.** *Оғаш, сөлекет, өрескел, сиықсыз.* **2.** *Жарасымсыз, ұнамсыз, қолайсыз. //* жерг. *Өте жақсы.*

**Ерсі болды.** *Оғаш болды, сөлекеттеу көрінді.* **Ерсі көрді.** *Оғаш, өрескел деп санады.* **Ерсі көрінді.** *Біртүрлі көрінді, ыңғайсыздық тудырды.* **Ерсі қылық.** *Оғаш мінез, сөлекет қылық, кесірлік.* **Ерсісі жоқ.** *Сөкет емес, терістігі жоқ, теріс емес.*

**ЕРСІ**= ет. *Ер болғансу, мықтысыну, күштісіну.*

**ЕРСІЗ**[1] сын. *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.*

**ЕРСІЗ**[2] сын. **1.** *Еркексіз, күйеусіз.* **2.** ауыс. *Батырсыз, батыры жоқ.*

**ЕРСІЗ**[3] сын. жерг. *Ерсі, сөлекет.*

**ЕРСІ-ҚАРСЫ** үст. сөйл. ***Ерсілі-қарсылы.***

**ЕРСІЛЕН**= үст. **1.** *Ебедейсіздену, икемсіздену.* **2.** *Өрескелдену, оғаштану.*

**ЕРСІЛЕНУ** *Ерсілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРСІЛЕУ** сын. **1.** *Оғаштау, ұяттау.* **2.** *Ыңғайсыздау.*

**Ерсілеу болды.** *Өрескелдеу болды, ұяттау саналды.* **Ерсілеу көрінді.** *Сырт көзге ыңғайсыздау, өрескелдеу болып байқалады.*

**ЕРСІЛ-ҚАРСЫ** үст. сөйл. ***Ерсілі-қарсылы.***

**ЕРСІЛ-ҚАРСЫЛ** үст. сөйл. ***Ерсілі-қарсылы.***

**ЕРСІЛІК** зат. **1.** *Оғаштық, сөкеттік.* **2.** *Жөнсіз-дік, ыңғайсыздық.*

**ЕРСІЛІ-ҚАРСЫЛЫ** үст. **1.** *Ілгері-кейінді, әрлі-берлі. // Қарама-қарсы, бетпе-бет.* **2.** *Олайбұлай, айқыш-ұйқыш.* **3.** ауыс. *Әрліберлі, алай-дүлей.*

**ЕРСІН**= ет. **1.** *Еркексіну, мықтысыну.* **2.** *Күштісіну, өзін керемет санау.*

**ЕРСІНУ** *Ерсін етістігінің қимыл атауы; батырсу, мықтысыну.*

**ЕРСІНУШІЛІК** зат. *Мықтысынушылық, күштісінушілік.*

**ЕРСІРЕ**= ет. сөйл. **1.** ***Байсырау*** (*еркекті аңсау*). **2.** *Ер болғансу, батырсыну.*

**ЕРСІРЕК** сын. *Оғаштау, ерсілеу, ретсіздеу, қолайсыздау.*

**ЕРСІРЕУ** *Ерсіре етістігінің қимыл атауы; күйеусіреу.*

**ЕРСІТ**= ет. *Мықтысың деп күпіндіру.*

**ЕРСІТУ** *Ерсіт етістігінің қимыл атауы; күпіндіру.*

**ЕРТ**= ет. **1.** *Бірге, қасына алып жүру.* **2.** *Ілестіру.*

**ЕРТАУЫЛ** зат. сөйл. ***Ертәуіл.***

**ЕРТӘУІЛ** зат. көне. *Барлаушы, шолғыншы.*

**ЕРТЕ** үст. **1.** *Таң сәріде, ертемен.* **2.** *Алдын ала, алдымен, күні бұрын.* **3.** *Белгіленген, жоспарланған немесе әдеттегі уақыттан бұрын.*

**Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде**. фольк. *Баяғыда, ескі заманда деген мағынаны білдіретін ертегілердің басталуында айтылатын сөз.* **Ерте жатып, кеш тұрды**. *Жалқауланды, бойкүйездікке салынды.* **Ерте заманда [кезде, уақытта].** а) фольк. *Баяғыда.* ә) *Бұрынырақта.* **Ерте кетті.** *Жас кезінде қайтыс болды, қыршын кетті.* **Ерте күнді кеш қылды.** *Сөзбұйдаға салды, кешіктірді.* **Ерте туған кепе.** ***Марқа.*** **Ерте туып, кеш қалған.** *Өмірден еш нәрсе көрмеген, қолы түкке жетпеген, уақытын босқа өткізген.* **Ерте тұрғызды.** *Ерте оятты.* **Ерте тұрды.** *Ұйқыдан күн көтеріле, күн шыға оянды.* **Ерте пар**. ауыл шар. *Ерте көктемде жыртылған, өңделген егістік.* **Ерте уақытта.** *Бұрынырақта, баяғыда.*

**ЕРТЕГІ** зат. **1.** фольк. *Қиял мен арманға, аңызға негізделген сюжетті көркем әңгіме түрінде қара сөзбен берілетін эпикалық шығарма.* **2.** ауыс. *Шындық емес, ақиқат нәрсе емес, қолжетпес қиял.* **3.** ауыс. *Өтірік, шындық емес.* **4.** ауыс. жағымсыз. *Әсірелеп жырға айналдырушылық.* **5.** ауыс. *Аңыз әңгіме.* **6.** экспр. *Қиялдағыдай ғана болатын, бұл дүниеде жоқ ғажап әлем.*

**Ертегі жыр.** фольк. *Өлеңмен айтылатын жыр.* **Ертегі қылды.** *Аңыз етіп дәріптеді, әсіреледі.* **Ертегі [дастан] шертті.** *Ертегіні, дастанды қызықтырып айтып берді.*

**ЕРТЕГІ-АҢЫЗ** зат. *Ертегілер мен аңыздар.*

**Ертегі-аңыз болды.** *Дәріптелді, жырға айналды.*

**ЕРТЕГІДЕГІ** сын. *Қиял мен аңызға негізделген әңгімедегі.*

**ЕРТЕГІДЕГІДЕЙ** сын. **1.** *Ертегідегі сияқты.* **2.** *Ерекше, сөзбен айтып жеткізе алмайтын.*

**ЕРТЕГІДЕЙ** сын. *Ертегі сияқты, қиялдағыдай, шындық дүниеден бөлек.*

**Ертегідей етіп [қып] айтты.** *Ұйытып, майын тамызып, көзімен көрген таңғажайып оқиғасындай етіп айтты.*

**ЕРТЕГІҚҰМАР** сын. *Ертегіні ұнататын.*

**ЕРТЕГІЛІ** сын. сөйл. *Ертегі араласқан.*

**ЕРТЕГІЛІК** сын. **1.** *Ертегіге тән.* **2.** *Ертегідегі.* **3.** *Ертегіге арналған.*

**Ертегілік проза.** фольк. ***Ертегі.***

**ЕРТЕГІШІ** зат. **1.** *Бұрыннан белгілі ертегілерді жадында сақтап, тыңдаушыға көркем тілмен, тартымды етіп айтып беретін немесе өз жанынан да ертегі шығаратын адам.* **2.** *Ертегі-аңыздарды көп білетін адам.* **3.** ауыс. *Ерте замандар тарихының шежіресі.*

**ЕРТЕГІШІЛ** сын. **1.** *Ертегі-аңыздарды көп білетін, ертегі айтуға шебер.* **2.** *Ертегіні ұнататын, ертегіқұмар.*

**ЕРТЕГІШІЛІК** зат. *Ертегі айтуға шеберлік; ертегіқұмарлық.*

**ЕРТЕДЕ** үст. **1.** *Өткен заманда, баяғы кезде, көне дәуірде.* **2.** *Бұдан көп уақыт бұрын.*

**ЕРТЕДЕГІ** сын. *Бұрынғы, баяғы замангы.*

**ЕРТЕДЕН** үст. **1.** *Ерте кезден, бұрыннан, көп уақыттан бері, әуелден-ақ.* **2.** *Таңертеңнен бері, таң азаннан.*

**Ертеден бері.** *Біраз уақыттан бері.* **Ертеден қара кешке [дейін].** *Күні бойы, ұзақты күнге.* **Ертеден салса, кешке озған.** поэт. *Күні бойы шаба беретін, алда келетін жүйрік (ат).*

**ЕРТЕК** зат. сөйл. ***Ертегі.***

**Ертек қылды [болды].** *Жыр қылды, дәріптеді, аңызға айналдырды.*

**ЕРТЕ-КЕШ** үст. *Күні бойы, таңертең де, кеш те.*

**Ерте-кеш пе.** сөйл. *Я ерте, я кеш, әйтеуір бір.* **Ерте-кешті өткізу.** *Күн өткізу, уақыт өткізу.*

**ЕРТЕ-КЕШТІ** сын. сөйл. ***Ертелі-кеш.***

**ЕРТЕКТЕГІ** сын. сөйл. ***Ертегідегі.***

**ЕРТЕКТЕГІДЕЙ** сын. сөйл. ***Ертегідегідей.***

**ЕРТЕКТЕЙ** сын. сөйл. ***Ертегідей.***

**ЕРТЕКШІ** зат. сөйл. ***Ертегіші.***

**ЕРТЕКШІЛ** сын. сөйл. ***Ертегішіл.***

**ЕРТЕЛЕП** үст. **1.** *Уақытынан бұрын.* **2.** *Таң атысымен, азаннан, ертемен.*

**ЕРТЕЛЕТ=** ет. **1.** *Ерте қамдану, іске ерте кірісу, асығу. // Таң атысымен, таңертеңнен.* **2.** *Ерте ұйқыдан ояну.*

**ЕРТЕЛЕТУ** *Ертелет етістігінің қимыл атауы; ертемен тұру, істің қамына ерте кірісу.*

**ЕРТЕЛЕУ** сын. *Бұрынырақ, тезірек, ертерек.*

**ЕРТЕЛІ** үст. *Таңертеңнен, азаннан, ертеден бастап.*

**Ертелі бері.** *Күн ұзаққа, күні бойы.*

**ЕРТЕЛІК**[1] зат. *Күні бұрындық, асығыстық.*

**ЕРТЕЛІК**[2] сын. сөйл. *Бұрынғы кездегі, ерте уақыттағы.*

**ЕРТЕЛІК**[3] зат. ***Таңертеңгілік.***

**ЕРТЕЛІ-КЕЙІНГІ** үст. *Бұрын-соңғы, алдыңғы-кейінгі.*

**ЕРТЕЛІ-КЕШ** үст. **1.** *Күннің бір уағында, әйтеуір бір.* **2.** *Үнемі.* **3.** *Әйтеуір бір, ақыр соңында.* **4.** *Күні бойы, күн ұзаққа.* **5.** *Ылғи, дәйім.*

**ЕРТЕЛІ-КЕШТІ** үст. сөйл. ***Ертелі-кеш.***

**ЕРТЕЛІ-КЕШТІК** зат. *Я ерте, я кеш болушылық.*

**ЕРТЕЛІ-СОҢДЫ** үст. *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңды.*

**ЕРТЕМЕН** үст. *Таң атысымен, азаннан, ертелеп.*

**ЕРТЕҢДІ-КЕШ** үст. сөйл. *Ертелі-кеш.*

**ЕРТЕҢ** үст. **1.** *Бүгіннен кейінгі, келесі күн.* **2.** *Басқа күн, ертең-бүрсігендер, келер күн, бір күні.* **3.** ауыс. *Келешекте, болашақта. // Болашақ, келешек, алдағы өмір.*

**Ертең ерте.** *Таңертең, ертемен, азаннан.* **Ертеңнен қара кешке [дейін].** сөйл. ***Ертеден қара кешке.***

**ЕРТЕҢ-БҮГІН** үст. *Таяу күндері, бүгін-ертең.*

**ЕРТЕҢ-БҮРСІГҮНІ** үст. *Жақын күндері, бір-екі күнде.*

**ЕРТЕҢГІ** сын. **1.** *Келесі күнгі.* **2.** *Таңертеңгі, азаңгы.* **3.** ауыс. *Келешектегі, болашақтағы. // Болашақ, келешек, алдағы өмір.*

**Ертеңгі ас [тамақ].** *Таңертеңгі тамақ, таңғы ас.* **Ертеңгі күн**. *Алдағы уақыт, болашақ.* **Ертеңгі смена**. сөйл. *Күннің алғашқы жартысында жұмыс істейтін ауысым.*

**ЕРТЕҢГІДЕЙ** сын. сөйл. *Таңертеңгі сияқты.*

**ЕРТЕҢГІЛІК** зат. **1.** *Таңертеңгі уақыт, азаңгы мезгіл.* **2.** пед. *Белгілі бір мереке, айтулы күндер алдында салтанатты түрде өткізілетін балабақшадағы балалар ойын-сауығы.*

**Ертеңгілік ас [тамақ].** *Таңертең ішілетін тамақ.*

**ЕРТЕҢГІЛІК-КЕШКІЛІК** зат. сөйл. ***Ертелі-кеш.***

**ЕРТЕҢГІЛІКТІ** сын. *Таңертең болатын, ертеңгілік кезге тән.*

**ЕРТЕҢГІСІН** үст. **1.** *Таңертеңгі уақытта, ертеңгілік кезде.* **2.** *Келесі күні, ертеңгі күні.*

**ЕРТЕҢДІ**: ***ертеңді қара кеш.*** сөйл. *Ертеден қара кешке дейін.*

**ЕРТЕҢДІ-КЕШ** үст. сөйл. ***Ертелі-кеш.***

**Ертеңді [ертеңнен, ертеден, ертеменен] қара кеш [кешке дейін].** *Таңертеңнен кешке дейін, күні бойы, күн ұзаққа.*

**ЕРТЕҢДІ-КЕШКІ** сын. *Күні бойғы, ұзақты күнгі.*

**ЕРТЕҢДІК** сын. *Ертеңгі күндік.*

**ЕРТЕҢСІЗ** сын. *Келесі күнсіз; болашақсыз.*

**ЕРТЕҢШЕ** үст. сөйл. *Ертеңге дейін.*

**ЕРТЕҢШІЛ** сын. *Ертеңге аударғыш, кейінге қалдырғыш.*

**ЕРТЕҢІНДЕ** үст. *Келесі күні, ертеңгісін.*

**ЕРТЕРЕК** сын. **1.** *Бұрынырақ, жылдамырақ, алдын ала.* **2.** *Уақытынан бұрын, мезгілсіз, ертелеу. // Бұрынырақта, баяғыда.*

**ЕРТЕРЕКТЕ** үст. *Бағзы заманда, ертерек уақытта.*

**ЕРТЕРЕКТЕГІ** сын. *Ерте кездегі, өткен уақыттағы, баяғыдағы.*

**ЕРТЕРЕКТЕГІДЕЙ** сын. *Баяғыдағыдай, ертерек кездегідей.*

**ЕРТЕРЕКТЕУ** сын. *Бұрынырақ, ертемен.*

**ЕРТЕРЕКТІК** зат. сөйл. ***Ертелік.***

**ЕРТЕСІН** үст. сөйл. ***Ертеңгісін.***

**ЕРТЕСІНЕ** үст. *Ертеңгі күні.*

**ЕРТЕШІЛ** сын. **1.** *Ерте тұрғыш, ерте бітіргіш, ерінбейтін адам.* **2.** *Ерте түстен, ерте келетін, тез басталатын.*

**ЕР-ТОҚЫМ** зат. *Атқа салт міну үшін керекті ер, тоқым, құйысқан, айыл, өмілдірік сияқты әбзелдердің жиынтық атауы.*

**Ер-тоқымы алынбады.** *Әрдайым дайын болды, сақадай сай болды.* **Ер-тоқымын арқалады.** *Жаяу қалды, атынан айырылды.* **Ер-тоқымын бауырына [мойнына] алып тулады**. *Қатты ашуланды, шала бүлінді, бұлқан-талқан болды.*

**ЕР-ТОҚЫМДЫ** сын. *Ер-тоқым салынған, ерттелген.*

**ЕР-ТОҚЫМСЫЗ** сын. *Ер-тоқымы жоқ, ерттелмеген.*

**ЕРТӨЛЕ** зат. көне. *Төлеңгіт, жасауыл.*

**ЕРТТЕ=** ет. **1.** *Мінетін көлікке ер-тоқым салып, жабдықтау.* **2.** ауыс. *Билеп-төстеу, айдағанына көндіріп, айтқанымен жүргізу, құл қылу.*

**Ерттеп мінді.** *Өз ырқына көндірді, билеп-төстеді.*

**ЕРТТЕГЕНШЕ** үст. *Ерттеп болғанша.*

**ЕРТТЕЛ=** ет. *Атқа ер салыну.*

**ЕРТТЕЛУ** *Ерттел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТТЕН=** ет. *Тас түйін дайындалу, сақадай сай болу.*

**ЕРТТЕНУ** *Ерттен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТТЕС=** ет. *Ат ерттеуге көмектесу, жәрдемдесу.*

**ЕРТТЕСУ** *Ерттес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТТЕТ=** ет. *Біреуге ер-тоқым салдыру.*

**ЕРТТЕТУ** *Ерттет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТТЕУ** *Ертте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТТЕУЛІ** сын. *Ер-тоқым салынған, ерттелген, дайын.*

**Ерттеулі аттай**. *Сақадай сайланған, дап-дайын.*

**ЕРТТІ** сын. сөйл. ***Ерттеулі.***

**ЕРТТІР=** ет. *Қасына біреуді қосу, қара қосу.*

**ЕРТТІРУ** *Ерттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТУ** *Ерт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРТУШІ** зат. *Бастап алып жүруші.*

**ЕР-ТҰРМАН** зат. *Атқа салт міну үшін керекті әбзел-жабдықтардың жиынтық аты.*

**ЕР-ТҰРМАНДЫ** сын. *Ер-тұрманы бар.*

**ЕРТІЛ**= ет. ***Ерітілу** (жібітілу, жұмсару).*

**ЕРТІЛУ** *Ертіл етістігінің қимыл атауы.* ***Ерітілу.***

**ЕРУ**[1] зат. көне. **1.** *Көшіп-қонғанда, жол жүргенде, ұзақ сапарға шыққанда жолаушылардың жолда аялдап жасайтын дем алысы.* **2.** *Туристік саяхат-сапарларда демалу, құрал-жабдықтарды жөндеу, қоғамдық пайдалы жұмыстармен айналысу, алдағы жолды барлау үшін жол бойында бір немесе бірнеше күн аялдау.*

**Еру әңгіме**. *Жайбарақат, жайылма әңгіме.* **Еру болды.** *Қонып қалды, дем алатын болды.* **Еру ел.** *Қашып келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл.* **Еру елдей.** *Көшіп келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл тәрізді.* **Еру жайылды.** *Бейқам болды, жайбарақаттанды.* **Еру қылды [жасады].** *Аялдап дем алды, еруленді.* **Еру қонды.** *Жайланып қоныстанды.* **Еру отыр.** *Аялдады, демалды.*

**ЕРУ**[2] зат. *Тіккен я тоқыған киім мен бұйымның жиегі, шет-шеті.*

**ЕРУ**[3] *Ер етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРУ**[4] *Ері етістігінің қимыл атауы.*

**Еру жылуы.** физ. *Заттың бір мөлі ерігенде бөлінетін не сіңірілетін жылу мөлшері.*

**ЕР-ЕРМЕ**=ет. *Біреуге ілесу не ілеспеу, жүру не жүрмеу, еру не ермеу.*

**ЕРУ-ЕРМЕУ** *Ер-ерме етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРУЖАЙ** зат. *Аялдап дем алу үшін ыңғайланған мекен, орын.*

**ЕРУЛЕ**= ет. **1.** *Жолда аялдап демалыс жасау, тыныстау.* **2.** *Серуендеу, қыдырыстау.*

**ЕРУЛЕН**= ет. *Ұзақ жолдан кейін жайланып, демалу, тыныгу.*

**ЕРУЛЕНУ** *Ерулен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРУЛЕТ**= ет. *Тоқталу, тыншу, дем алу.*

**ЕРУЛЕТУ** *Ерулет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРУЛЕУ** *Еруле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРУЛІ**: **ерулі ат**. *Жетектегі бос ат.* **Еруліге қарулы**. *Ісіне қарай іс істеу, соған іспен жауап беру; жақсылыққа жақсылық деген мағынада.*

**ЕРУЛІК** зат. этн. *Жаңадан көшіп келгендерге тұрғын адамдардың сыйлап беретін мал-мүлкі, сыбағасы, қонақасы.*

**Ерулік берді**. этн. *Жаңадан көшіп келген көршісін қонаққа шақырып, сый-құрмет көрсетті.*

**ЕРУЛІК-СЕРУЛІК** зат. сөйл. жағымсыз. *Ерулiксымақ.*

**ЕРУЛІКШІ** зат. *Ерулік беруші.*

**ЕРУШІ**[1] зат. *Соңына ілесуші, бірге жүруші адам.*

**ЕРУШІ**[2] зат. *Сұйыққа айналушы, балқушы.*

**ЕРУІЛ**: **еруілге қаруыл.** сөйл. ***Еруліге-қарулы***.

**ЕРҮШ**= ет. ескікіт. *Кездесу, жету.*

**ЕРҮШТІР**= ет. ескікіт. **1.** *Жеткізу, беру.* **2.** *Кездестіру.*

**ЕРҮШТІРУ** *Ерүштір етістігінің қимыл атауы; кездестіру.*

**ЕРШАЛЫС** сын. *Батырсымақ.*

**ЕРШЕ**[1] үст. **1.** *Ер адамдарша, ер адамдарға ұқсап.* **2.** *Ержүрек батырша, батырға ұқсап.*

**ЕРШЕҢ**[1] үст. *Ер-тоқымымен, ерттеулі күйінде.*

**ЕРШЕҢ**[2]: **ершең бала**. сөйл. ***Еркек бала.***

**ЕРШІ**= ет. ескікіт. *Иілу, еңкею.*

**ЕРШІ** зат. этн. *Ер-тоқым жасаушы ісмер, шебер.*

**ЕРШІГЕСІП** үст. ескікіт. *Ересегіп.*

**ЕРШІГЕШ** сын. сөйл. ***Ерсымақ.***

**ЕРШІК**[1] зат. **1.** *Арбаға не шанаға көлік жеккенде тертенің бел көтермесі асылатын әрі қамытты артқа тарттыру үшін қажетті ер тәрізді әбзел; ыңыршақ.* **2.** *Түйеге жүк арту үшін жасалатын әбзел.*

**ЕРШІК**[2] зат. ***Ерсымақ.***

**ЕРШІК**[3] зат. *Альпинизмде жотадағы ерге ұқсаған ойық жер.*

**ЕРШІКТЕ**= ет. *Жегілетін көлікке ершік салу.*

**ЕРШІКТЕУ** *Ершікте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРШІКТІ** сын. *Ершігі бар, ершік салынған.*

**ЕРШІКШІ** сын. *Ершік жасаушы ісмер.*

**ЕРШІЛІК** зат. *Ер-тоқым жасауды кәсіп етушілік.*

**ЕРШІМДЕЛ**= ет. қолөнер. *Оратылу, ұйысу.*

**ЕРШІМДЕЛУ**= ет. *Ершімдел етістігінің қимыл атауы; жіптің бір-бірімен оралып, ширатқан бөліктерінің таңдайланып қалуы.*

**ЕРШІМДІ** сын. ескікіт. *Келісті, келбетті, өнерлі.*

**ЕРШІН** зат. өс. *Қоңыраугүл тұқымдасының бір туысы.*

**ЕРШІНДЕТ**= ет. ескікіт. *Екпіндеу, аршындау.*

**ЕРІ**= ет. **1.** *Жылу әсерімен сұйық күйге айналу.* **2.** *Балқу, агу.* **3.** *Сұйық затқа сіңіп, жоқ болу.* **4.** ауыс. *Елжіреу, егілу, балқу, мейірлену.*

**ЕРІГУ** *Ерік етістігінің қимыл атауы; іші пысу, зеригу.*

**ЕРІГУШІЛІК** зат. *Зерігушілік, іші пысушылық.*

**ЕРІГІШ** сын. *Сұйық күйге айналғыш, сұйыққа сіңгіш, балқығыш.*

**Ерігіш реагенттер.** кен. *Флотациялауда қолданылатын, ерігіштігі жоғары техникалық реагенттер.*

**ЕРІГІШТІК** зат. физ. **1.** *Заттың белгілі бір еріткіште еру қабілеті; сұйық күйге айналғыштық, балқығыштық.* **2.** хим. *Бір заттың екінші затпен араласып, біртекті жүйе қажетті мөлшерін сипаттайтын шама.*

**Ерігіштік параметрі.** физ. *Заттардың гомогенді термодинамикалық тұрақты қоспа түзу қабілетін сипаттайтын шама.*

**ЕРІК** зат. **1.** *Ықтияр, ырық, билік.* **2.** *Бостандық, теңдік, еріктілік.* **3.** псих. *Адамның бойындағы психологиялық сезім, жігер, қайрат.* **4.** ауыс. *Кеңшілік, мұрсатана.*

**Еркі кетті.** *Ықтиярынан айырылды.* **Еркі күшті.** *Мақсатына жетпей қоймайтын жігерлі, қайратты.* **Еркімен жіберді**. *Тыйымсыз, еркін өсірді.* **Еркімен өсті.** *Еркін өсті, қыспақ көрмеді.* **Еркін алды.** *Ықтиярсыз етті, ырқына көндірді, биледі.* **Еркін биледі.** *Тәнті етті, баурап алды.* **Еркіне бағынды.** *Ырқына көнді, жетегіне жүрді.* **Еркіне жіберді.** *Ерік берді, дегеніне көнді.* **Еркіне жібермеді.** а) *Баланы немесе өзге адамды бетімен жібермей, тәртіппен ұстады, тәрбиеледі, өнерге баулыды, әдептілікке үйретті.* ә) *Затты, мал мен құсты ырқына, қисайған, бұрылған жағына жібере салмай, нық, бекем ұстады.* **Еркіне қоймады.** *Ырық бермеді.* **Еркінен айырды.** заң. *Бас бостандығын жойды.* **Еркінен айырылды.** *Еріксіз күйге түсті, сазайын тартты.* **Еркінен [ырқынан] тыс.** *Ықтиярсыз, еріксіз.* **Еркіне қоймады.** а) *Ырық бермеді.* ә) *Қоярда-қоймады, ерік бермеді.* **Еркі өз қолында.** *Бас еркі өзінде, тәуелсіз.* **Ерік алды.** а) *Еркіндеді, асқақтады, серпілді.* ә) *Теңдікке, бостандыққа ие болды.* б) *Рұқсат алды, мұрсат алды.* **Ерік берді.** а) *Ырқына жіберді, ықтиярлы етті.* ә) *Рұқсат етті.* б) *Еркіндік берді.* **Ерік тиді.** *Құқы болды, ықтияры болды.* **Ерік тимеді [бермеді].** *Ырқына жібермеді, ықтиярынан айырды.*

**ЕРІК**= ет. **1.** *Іші пысу, зеригу. // Іші пысқан, зеріккен адам.* **2.** *Бос жүру.*

**Еріккен қызыл ауыздың бәрін кернеді.** *Өсек жаппай тарады.* **Еріккеннің ермегі болды.** *Жұмысы жоқтың ісі, бос тәлкек болды.*

**ЕРІКБАТА** зат. көне. *Өздігінен берілетін бата түрі.*

**ЕРІК-ЖІГЕР** зат. *Адамның өзін басқару қабілеттілік қасиеті, еркі күшті болушылық.*

**Ерік-жігерін жоғалтты.** *Жігерсізденді.*

**ЕРІК-ЖІГЕРСІЗДІК** зат. психол. *Еркі мен жігері жоқтық, өз әрекетін ақылға жеңдіріп, басқара алмаушылық.*

**ЕРІККЕНДІК** зат. *Не істерге ісі болмай ермек іздеушілік, ойына келгенін істеушілік.*

**ЕРІККЕН-ЗЕРІККЕН** сын. сөйл. *Не істерін білмей, ермек іздеген. // Іші пысқан, зеріккен адам.*

**ЕРІКСІЗ** сын. **1.** *Еріктен тыс, амалсыз, шарасыз.* **2.** *Өз келісімінсіз, ықтиярсыз, зорлап-қыстап.* **3.** *Басында еркі жоқ, басыбайлы. // Басында еркі жоқ, басыбайлы адам.* **4.** ауыс. *Ерік-күші жоқ, жігерсіз, ынжық.*

**Еріксіз емдеу.** заң. *Қоғамға қауіпті аурулармен ауыратын, мамандандырылған дәрігерлік мекемелерде емделуден жалтаратын адамдарды еркінен тыс емдеу.* **Еріксіз ес.** псих. *Белгілі мақсат қоймай, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру сияқты жүйке жүйесі қызметінің түрі.* **Еріксіз конвекция.** физ. *Сыртқы механикалық әсерден пайда болатын конвекция түрі.* **Еріксіз қимыл.** биол. *Төменгі сатыдағы жануарлар мен жәндіктердің негізгі қимылдары және жоғары сатыдағы ағзалардың кейбір мүшелерінің қимылы.* **Еріксіз сәуле шығару.** физ. *Кванттық жүйелердің сыртқы (мәжбүрлеуші) сәуле әсерінен электрмагниттік сәуле шығаруы.* **Еріксіз тербеліс.** физ. *Қандай да бір жүйеде периодты сыртқы күштің әсерінен пайда болатын тербеліс (мысалы, айнымалы магнит өрісі әсерінен болатын телефон мембранасының тербелісі т.б.).*

**ЕРІКСІЗДЕН** үст. *Еркінен тыс, шарасыз.*

**ЕРІКСІЗДЕН-ЕРІКСІЗ** үст. *Өз-өзінен, амалсыз, еркінен тыс, шарасыз.*

**ЕРІКСІЗДІК** зат. **1.** *Билігі болмаушылық, еркі жоқтық, шарасыздық.* **2.** *Құқы болмаушылық.*

**ЕРІКТІ** сын. *Өз еркі өзінде, ықтиярлы; құқылы, тәуелсіз. // Күштеусіз, зорлықсыз әскери болған адам.*

**Ерікті әскер.** *Өз еркімен шыққан зорлықсыз, күштеусіз жасақ (шені).* **Ерікті болды.** *Өз еркі өзінде, азат болды, еркін болды.* **Ерікті ес.** псих. *Белгілі бір мақсат қойып, арнайы есте қалдырып есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру сияқты жүйке жүйесі қызметінің түрі.* **Ерікті қимыл.** биол. *Жоғары сатыдағы жануарлар мен адамның қимыл-қозғалыстары.* **Ерікті тәрбие.** пед. *Педагогикадағы баланы тәрбиелеуде оған күш көрсетуге, оны мәжбүр етуге қарсы бағыт.* **Ерікті ұйқас.** әдеб. ***Еркін ұйқас.***

**ЕРІКТІ-ЕРІКСІЗ** үст. *Ерікті болсын я болмасын, ықтиярлы-ықтиярсыз.*

**ЕРІКТІК** сын. псих. *Ерікке тән, ерікке қажетті.*

**ЕРІКТІЛЕУ** сын. *Еркі күштілеу.*

**ЕРІКТІЛІК** зат. **1.** *Ықтиярлылық, еркі болушылық.* **2.** *Еркі күштілік, жігерлілік.*

**ЕРІКТІР**= ет. *Бостан-бос жүргізу, зеріктіру, іш пыстыру.*

**ЕРІКТІРУ** *Еріктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРІЛ**= ет. *Өзінен-өзі еру.*

**ЕРІЛУ** *Еріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРІМТАЛ** сын. *Сұйық күйге айналғыш, ерігіш.*

**Ерімтал шыны.** хим. *Суда еритін сілтілік металдардың силикаттарынан тұратын шыны.*

**ЕРІН** зат. **1.** *Ауыздың астыңғы және үстіңгі екі жақ жиегі.* **2.** ауыс. ***Ауыз.***

**Ерні аққа тиді**. *Мал төлдеп, сүт молайды.* **Ерні жібіді.** *Көңілі орнықты, көңілі жай тапты.* **Ерні кезерді [қаязыды].** *Шөлдеді, сусады, су ішкісі келді.* **Ерні кепті.** а) *Тапшылық көрді, шөлдеді.* ә) *Су ішкісі келді, сусырады, шөлдеді.* б) *Дұрыс тамақ ішпегеннен, ашқұрсақ жүргеннен ерні жарылды, аш жүрді, ашықты.* **Ернінен уыз кеппеген.** поэт. *Тәжірибесіз, балаң, жас.* **Ернін жыбырлатты.** *Әрең, еріксізден сәлем алғанын, амандасқанын, жауап бергенін білдіретін қимыл ым-ишарат жасады.* **Ернін жыбырлату.** *Әрең сәлем алғанын, амандасқанын білдіру, маңыздысу.* **Ернін жымырды.** *Ерінді ішке қарай бұру.* **Ернін күбірлетті.** *Естілер-естілмес сөйлеп, ернін жыбырлатты.* **Ернін қимылдатып [амандасты].** *Жақтырмаған сыңай танытты, көзге ілмеді.* **Ернін шүйірді.** *Тыржиды, жақтырмаған сыңай білдірді.* **Ернін шығарды.** паралингв. *Сөзін, ісін жақтырмағанын, қабылдамағанын білдіріп астыңғы ернін шығарды, сылп еткізді.* **Ернінің емеуріне қарағанда.** *Сөз әлпетіне, ауыз қалпына қарағанда.* **Ернінің қыбырын аңдыды.** *Аузына қарады, сөзін бақты.* **Ернінің сөзін айтпады.** *Жалған сөйлемеді, алдамады, ой елегінен өткізбей сөйлемеді.* **Ерін дауыстылары.** лингв. *Еріннің дөңгелене үйірілуі арқылы жасалатын дауысты дыбыстар.* **Ерінді жұғыстырды.** *Сүйді, өпті.* **Ерінді кептірді.** *Көп сөйлетті, шаршатты.* **Ерін үндестігі.** лингв. *Сөздің ортаңғы, соңғы буындарының бас буындағы ерін дауыстысымен үндестікте айтылуы.*

**ЕРІН**= ет. *Мойны жар бермеу, жалқаулану, кежірлену.*

**Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады.** *Жалықпай бейнет етсең, қолыңа түспейтіні жоқ деген мағынада.*

**ЕРІНБЕЙ-ЖАЛЫҚПАЙ** үст. *Шаршап-шалдықпай, табандылықпен.*

**ЕРІНГҮЛ** зат. өс. <лат. galeopsis speciosa mill> *Қияқ сияқты жапырақтары қысқалау, сабақты болып келетін биіктігі 15-20 см-лік, ерінгүл тұқымдас бір жылдық өсімдік (Galeopsis speciosa mill).*

**ЕРІНГҮЛДІЛЕР** зат. бот. <лат. labiatae-juss> *Қосжарнақтылар тобына жататын бұта, шала бұта (шырмауық немесе ағаш) түріндегі көпжылдық немесе біржылдық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ЕРІНДЕЙ** сын. *Ерін сияқты, ерін тәрізді.*

**ЕРІНДЕУ** сын. *Ерні бар, ерінділеу.*

**ЕРІНДІ**[1] сын. *Ерні қалың, ерні үлкен.*

**ЕРІНДІ**[2] зат. сөйл. ***Ерітінді.***

**ЕРІНДІГҮЛДІЛЕР** зат. сөйл. ***Ерінгүлділер.***

**ЕРІНДІК**[1] зат. *Ат тұрманның жылқыны ырыққа көндіріп, еркін бағыттап отыру үшін ат аузына салынатын құрамдас бөлшегі; ауыздық.*

**ЕРІНДІК**[2] сын. лингв. *Еріннің қатысымен жасалған (дыбысқа қатысты).*

**Еріндік дыбыстар.** лингв. <лат. labialis> *Еріннің қатысы арқылы жасалып, дыбысталатын тілдің сөз құраушы ең кіші бірліктері.* **Еріндік сингармонизм.** лингв. ***Ерін үндестігі.***

**ЕРІНДІКТЕ**= ет. *Жылқының ерніне ауыздық салу.*

**ЕРІНДІКТЕУ** *Еріндікте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРІНДІЛЕУ** сын. *Ерні үлкендеу.*

**ЕРІНУ** *Ерін етістігінің қимыл атауы; жалқаулану.*

**ЕРІНШЕК** сын. *Мойны жар бермейтін кежір, жалқау. // Кежір, жалқау адам. // Жалқаулық, еріншектік.*

**Еріншек нардай.** *Жата бергіш.*

**ЕРІНШЕКТЕП** үст. *Еріншек тартып, жалқауланып.*

**ЕРІНШЕКТЕН**= ет. *Мойны жар бермей кежірлену, жалқаулану.*

**ЕРІНШЕКТЕНУ** *Еріншектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРІНШЕКТЕУ** сын. **1.** *Кежірлеу, жалқаулау.* **2.** стиль. *Баяу, сылбыр, әлсін-әлсін.*

**ЕРІНШЕКТІК** зат. *Кежірлік, жалқаулық.*

**Еріншектікке салынды.** *Жалқаулыққа бой алдырды, кежірленді.*

**ЕРІНІҢКІРЕ**= ет. *Мойны жар бермей, жалқауланыңқырау, кежірленіңкіреу.*

**ЕРІНІҢКІРЕУ** *Еріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕРІП** зат. жерг. *Қымыздың мес түбінде қалған іртігі.*

**ЕРІР-ЕРІМЕС** үст. *Еріп бітпей жатып.*

**ЕРІС**[1] [ор. ересь] зат. жерг. ***Бүлікшілік.***

**ЕРІС**[2] зат. жерг. *Киізүйдің керегелік желісінің ең ұзын ағашы.*

**ЕРІС**[3] сын. жерг. *Тапқыр, шешен.*

**ЕРІС**[1]= ет. *Біреудің соңынан жүрісу, бірге жүру.*

**ЕРІС**[2]= ет. *Бірігіп балқу.*

**ЕРІС**[3]= ет. жерг. *Ерегісу, керісу.*

**ЕРІСПЕ** сын. жерг. ***Ерегескіш.***

**ЕРІСУ** *Еріс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірге жүрісу.* **2.** жағымсыз. *Бір нәрсенің соңынан бірге еріп кетісу, еліктесу, бір істің ықпалына түсісу.*

**ЕРІТ**[1]= ет. **1.** *Сұйылту, сұйыққа айналдыру.* **2.** *Езілту, былжырату, жібіту.* **3.** зерг. *Алтын, күміс, қорғасын сияқты заттарды отқа қыздырып, балқыту.*

**ЕРІТ**[2]= ет. сөйл. ***Ерт.***

**ЕРІТКІШ** сын. *Сұйық күйге айналдырғыш, балқытқыш. // Сұйылтқыш, балқытқыш зат.*

**Еріткіш денешік.** биол. <лат. lysosomae, грек. lysis – еру, ыдырау, soma – дене> *Липопротеидті жарғақпен шектелген, пішіні шар тәрізді ұсақ жасуша органелласы.*

**ЕРІТКІШТЕР** зат. хим. *Әртүрлі заттарды ерітіп, ерітінділер түзуге қабілетті химиялық қосылыстар.*

**ЕРІТКІШТІК** зат. *Сұйық күйге айналдырғыштық, балқытқыштық.*

**ЕРІТПЕ** сын. *Ерітілген, балқытылған.*

**ЕРІТУ** *Еріт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйылту, сұйық күйге түсіру.* **2.** тех. *Өнімді қыздырып немесе балқытып сұйық күйге жеткізу.* **3.** зерг. *Алтын, күміс, қорғасын сияқты заттарды отқа қыздырып балқыту.* **4.** ауыс. *Жан-жүйесін босату, елжірету, тебірenту.*

**ЕРІТУШІ** зат. **1.** *Сұйық күйге айналдырушы, балқытушы адам.* **2.** *Сұйылтатын, балқытатын қоспа.*

**ЕРІТУШІЛІК** зат. *Сұйық күйге айналдырушылық, балқытушылық.*

**ЕРІТІЛ**= ет. **1.** *Сұйытылу, сұйық күйге түсірілу.* **2.** *Балқытылу.*

**ЕРІТІЛУ** *Ерітіл етістігінің қимыл атауы; балқытылу.*

**ЕРІТІЛМЕЛІ** сын. *Езуге болатын, ерітпе.*

**ЕРІТІНДІ** зат. **1.** *Сұйыққа езілген қоспа, құрамына бір зат ерігең сұйықтық.* **2.** кен. *Екі немесе одан көп тәуелсіз бөліктерден тұратын, құрамы ауыспалы гомогенді жүйелер.* **3.** құр. *Сұйық күйге түсіріліп дайындалған құрылыс қоспасы.*

**Ерітіндіден тұндырып алу**. кен. *Тотықсыздандыру немесе электролиз процесі арқылы сұйытылған түз ерітінділерінен металл ұнтақтарын алу әдісі.* **Ерітінді сорғысы.** құр. *Тас қалау, сылақ жұмыстарында құбыр немесе шланг арқылы ерітінділерді тасымалдауға арналған піспекті немесе пневматикалық сорғы.*

**ЕРІТІНДІЛЕР** зат. хим. **1.** *Әртүрлі заттектерін ерітіндіге айналдыра алатын химиялық қосылыстар мен қоспалар.* **2.** *Екі немесе одан көп заттектердің құбылмалы құрамындағы біртекті қоспа.*

**ЕРІТІНДІЛЕУ** зат. кен. *Рудаларды іріктеп еріту арқылы олардан бағалы құрам бөліктерді ажыратып алудың гидрометаллургиялық әдісі.*

**ЕРІШТІР: ақыл ерiштiру.** сөйл. *Ақыл қосу.*

**ЕС** зат. **1.** *Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; жад.* **2.** *Түйсік-тәжірибе, көрген-білген, естігеннен түйгені, ақыл.* **3.** псих. *Бұрынғы тәжірибені ұйымдастыру және сақтау процестері, осы арқылы бұрынғы тәжірибені қайталап пайдалану немесе санаға қайта оралтуды жүзеге асыратын жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі.* **4.** ауыс. *Сүйеніш, медеу, серік.* **5.** биол. *Тірі жүйелердің көрген-білгенді, естігенді, сезгенді, өтіп кеткен құбылыстарды нақтылы бір жағдайда қасиеттерімен бірге жинақтап, тәжірибе ретінде пайдалану дағдысы.*

**Ес болғандай.** *Медеу қылардай, тірек етердей.* **Ес болды.** *Демеу болды, серік, сүйеніш болды.* **Ес білгелі.** *Есейгелі, ержеткелі, ержеткеннен күні бүгінге дейін.* **Ес білді.** *Есейді, ержетті, оң-солын таныды.* **Ес білдірді.** *Дем берді, рухтандырды, жәрдемдесті.* **Ес біліп, етек жапқалы [жиғалы].** *Есейгелі, ержеткелі.* **Ес біліп, етек жапқанша.** *Жасынан, есейгенше.* **Ес біліп [жиып], етек жапты.** *Есейді, есі кірді; өзіне-өзі келді.* **Ес біліп, етек жиған жер**. *Ақыл кіріп, оңды-солды білген мекен, ержеткен жер.* **Ес жиғызды.** а) *Бойын жазғызып, бір серпілтті.* ә) *Өзді-өзіне келтірді, ақылына келгізді.* **Ес [есін] жиды [жинады].** а) *Талықсып жатқан адам өзіне-өзі келді, ақылы кірді.* ә) *Ауыр тауқыметтен құтылды, қорқынышынан арылды.* ә) *Дем алды, тынықты.* б) *Ел қатарына қосылды, адам болды.* **Ес жиюға келтірмеді.** *Жан-жағына қарауға мұрша бермеді.* **Ес жоқ.** а) *Жастыққа, албырттыққа бой ұрған, масаң.* ә) *Қуанышында не қорқуында шек жоқ; асып-сасулы, есі шыққан.* б) *Ой жоқ, қамсыз, қаперсіз.* **Ес [оң] жоқ, түс жоқ.** а) *Қатты қорықты, қатты шошынды деген мағынада.* ә) *Қатты абыржыды.* **Еске [есіне] алды.** а) *Ойына түсірді, ескерді, еледі.* ә) *Ойынан шығармады, бейқам болмады.* б) псих. *Ұзақ уақыттық жадтан алынып шыққан өткеннің бейнелер санада көрініс тапты.* **Еске алу.** псих. *Ұзақ уақыттық естен уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқшаулап өткеннің бейнелерін алып шығу.* **Еске [есіне] келді**. *Ойға түсті, жаңғырды; ескерілді.* **Еске [есіне] сақтады.** *Жадынан шығармады, ұмытпады.* **Еске [есіне] салды**. *Ойына түсірді, ескертті.* **Еске [есіне] түйді.** *Аңғарды, ұқты.* **Ес кетті, жан шықты дегенде.** сөйл. *Өлдім-талдым дегенде, әзер, әрең-әрең.* **Еске түсті.** *Ойына келді, жадына түсті.* **Еске түсірді.** *Есіне алды, жадында жаңғыртты.* **Еске түсіру.** псих. *Ұзақ мерзімдік жадтан қажет ақпаратты іздеумен, қалпына келтірумен және алумен байланысты ақыл-ой әрекеті.* **Ес көрді**. *Медеу тұтты, сүйеніш қылды.* **Ес [есі] кірді.** а) *Есі ауған адам өзіне-өзі келді, түзелді,*

*айықты.* ә) *Ақыл кірді, есейді, ер жетті.* **Ес [қалған жоқ] қалмады.** а) *Барынша ынтықты, құмарланды.* ә) *Қатты қорықты, зәре-құты қалмады.* б) *Ойлаудан айырылды, жаңылысты.* **Ес қатты.** *Есі кірді, есейді.* **Ес қылды.** *Көңілге демеу қылды, арқа тұтты.* **Ес таптырмады.** *Ес жиғызбады, абыржытты, састырды.* **Есте [есінде] жоқ.** *Ойда қалмаған, ұмытылған.* **Есте жоқ ескі заманда.** фольк. *Баяғыда, бағзы заманда.* **Есте [есінде] қалды.** *Жадында сақталды, ұмытылмады.* **Естен [есінен] кетпеді.** *Ұмытылмады, ойдан шықпады.* **Естен қалмады [қалдырмады].** *Жадынан шықпады, ұмытылмады.* **Естен [есінен] танды [тандырды].** а) *Ойлау-тану қабілетінен айрылды, есеңгіреді.* ә) *Күйініш-сүйініштен асып-састы, абыржыды.* б) *Береке-құты қалмады, састы, мәңгірді.* в) *Ынтықтырды, елітті, құмарттырды.* **Естен [есінен] тандырды.** а) *Күйініш-сүйініштен әбден састырды, әбіржітті.* ә) *Есеңгіретті, қалжыратты, қажытты.* б) *Есін шығарып, ойынан жаңылыстырып, райынан қайтарды.* в) *Ынтықтырды, сезімін, бойын билеп алды.* г) *Берекесін қашырып, зәре-құтын қалдырмады.* **Естен [есінен] шығарды.** *Ұмытты, ойда сақтамады, еленіп ескерілмеді.* **Есте [еске, есіне] сақтады.** *Ойда ұстады, жадынан шығармады, ұмытпады.* **Есте сақтау.** псих. *Ақпараттың жадта сақталуын қамтамасыз ететін үдерістердің жалпылама атауы.* **Есте [есінде] тұтты [ұстады].** *Ұмытпады, жадында сақтады.* **Ес тоқтатпаған баладай.** *Ақылы кірмеген, жан-жағын аңдап, оң-солын танымаған баладай.* **Ес тоқтатты.** *Ақылы кірді, есейді, толысты.* **Ес тұтты.** *Арқа тұтты, сүйеніш, пана көрді.* **Ес түсті.** *Ақылына келді, сабасына түсті.* **Есті жинаңқырады.** *Есін жинайын деді, өз-өзіне келді.* **Есті қашырды [шығарды].** а) *Абдыратты, асып-састырды.* ә) *Дегбірін алды, мазалады.* **Есі ауды.** а) *Ақыл-естен айырылды, талып қалды.* ә) жерг. *Аңсары ауды, құмар болды.* б) *Делсал болып, не істерін білмей абдырып қалды.* в) *Жынданды, есуастанды, жарымес болды.* **Есі ауысты [ауытқыды].** *Ақылынан адасты, есеңгіреді, жынданды.* **Есі [ес] бар.** *Есті, ақылды.* **Есі бүтін.** *Ақылы түзу, ойлау қабілеті дұрыс.* **Есі дұрыс.** *Ақылы түзу, дені сау, ойлау қабілеті бар.* **Есі [дені] дұрыс па?** сөйл. қарап. *Не сөйлеп тұрсың, ол не дегенің деген мағынада.* **Есі енді.** а) *Ер жетіп, ақыл кірді.* ә) *Өз-өзіне келді, ес жиды.* **Есі жарым.** *Ақылы кем, жарымес.* **Есі кетті [қалмады].** а) *Зәре-құты қалмады, үрейі қашты, жаны қысылды.* ә) *Мазасы кетті, қатты састы, абдырады.* б) *Ынтықты, елітті, берекесі кетіп құмартты.* в) *Тыныштығынан айырылды, беймаза күй кешті.* г) *Қатты қуанды.* **Есі кірелі-шығалы.** а) *Ақылы толыспаған, жас.* ә) *Ақылы кем, жарымес.* **Есі кіресілі-шығасылы.** сөйл. *Есі ауған, талықсыған, шала есті.* **Есі кірді.** а) *Ақылы толды, есейді.* ә) *Талып, қатты есеңгіреп қалып, есін жиды, өз-өзіне келді.* **Есі қатты.** жерг. *Басы қатты.* **Есі қалмады.** а) *Құмартып, құштар болды.* ә) *Жаны қысылды.* **Есі қашқан жандай.** *Есінен айырылған адамдай.* **Есін алды.** а) *Ынтықтырды, елітті, мас қылды.* ә) *Мазасын кетірді, есеңгіретті, мезі етті.* **Есін білер-білмес.** *Жас, әлі ақыл тоқтатпаған.* **Есін біліңкіремеді.** сөйл. *Қатты есінен танды дегенді жұмсартып айтуды білдіретін сәл есі шығып қалды деген мағынадағы сөз қолданыс.* **Есінде қалды.** *Ұмытпады, жадында сақталды.* **Есінде тұрмады.** *Ұмытты, есінде қалмады.* **Есін екеу, түсін төртеу қылды.** *Есеңгіретіп жіберді, есін шығарды.* **Есінен адасты.** а) *Ақылынан жаңылысты, есеңгіреді.* ә) *Абдырады, қатты састы.* **Есінен айырылды.** а) *Талып қалды, бір уақытқа ақылынан айырылып қалды.* ә) *Алжыды, жынданды, есуастанды.* б) *Есі шықты, үрейі ұшты, абдырады.* в) *Ынсапсызға айналды, құнықты.* **Есінен бір [екі] елі шығармады.** *Ылғи есінде жүрді, әр уақытта жадына сақтады, ұмытпады.* **Есінен жаңылды.** а) *Ақыл-есін жоғалтты, есеңгіреді.* ә) *Есі шықты, мәңгірді.* **Есінен өшірді.** *Жадынан шығарып тастады, ұмытты.* **Есінен тандырды.** *Еңсесін көтертпеді, бой жаздырмады, есін шығарды.* **Есінен тарс шығып кетті.** *Мүлде ұмытып кетті, есінде болмады.* **Есінен тастамады.** *Ұмытпады, жадынан шығармады.* **Есінен [жадынан, ойынан] шығармады [бір шығармады, шығарған емес].** *Ылғи ойында сақтады, ұмытпады.* **Есінен [ойынан] шықпады шықпай қойды].** *Ұмыта алмады, әрдайым ойында жүрді.* **Есінен шықты.** *Жадынан шықты, ұмытты.* **Есіне салғансыды.** *Есіне салған болу, есіне әрең түсіргендей кейіп таныту.* **Есіне [жадына] тұтты.** *Еске ұстады, ойына сақтады.*

**ЕС[1]=** ет. *Арқан, жіп жасау үшін жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрау.*

**Есіп жөрмеу.** қолөнер. *Жөрмелеп тігудің бір тәсілі.*

**ЕС[2]=** ет. **1.** *Жел тұру, жел соғу.* **2.** ауыс. *Ән-күй қалықтау, шарықтау, төгілу, жағымды үн шығару.* **3.** ауыс. *Жосу, жүйтку, заулау, зырлау.* **4.** ауыс. *Мақтану, бөсу.* **5.** ауыс. *Айқын аңғарылу, сезілу, біліну.*

**Есіп отыр.** *Мақтанды, бөсті.* **Есіп [айтады] сөйледі.** *Еркін, көсіле сөйледі.*

**ЕС[3]=** ет. **1.** *Қайықты жүргізу үшін ескекті су ішінде біресе ілгері, біресе кейін қарай қимылдату, көсу.* **2.** *Пышақпен осып жіберу, жарып жіберу, кесу.* **3.** *Қарды, құмды қақ жарып шашу, ысыру, із тастау.*

**Ыңғайына [ығына] есті.** *Ырқына жүрді, әуеніне ерді.*

**ЕС-АҚЫЛ** зат. *Ой-сана, ақыл.*

**Ес-ақылынан адасты.** *Мәңгірді, жарыместенді, ақылы ауды.*

**ЕСАЛАҢ** сын. **1.** *Ақылынан адасқан, есі ауысқан.* **2.** *Ақымақ, ақылы кем, есуас, делқұлы (адам).* **3.** *Адасқан, құтырған, есерсоқ.* // контекст. *Басқалардан өзгеше, өмірге бейімсіз адам деген мағынада.*

**Есалаң кісіше.** сөйл. экспр. *Есінен айырылған адамдай.* **Есалаң сөз.** *Орынсыз айтылған сөз.*

**ЕСАЛАҢДАЙ** сын. *Есалаң сияқты.*

**ЕСАЛАҢДАН=** ет. *Есінен айырылу, есерсоқтану.*

**ЕСАЛАҢДАНУ** *Есалаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСАЛАҢДАУ** сын. *Ақымақтау, есуастау, есерсоқтау.*

**ЕСАЛАҢДЫҚ** зат. мед. **1.** *Адамның психикалық іс-әрекетінің төмендеп, санасының кемуі.* **2.** ауыс. *Есуастық, ақымақтық.*

**ЕСАУАН** зат. қарап. ***Жарымес.***

**ЕСАУЛ** зат. көне. әск. *Қазан төңкерісіне дейінгі Ресей әскеріндегі капитанмен барабар казак офицерінің шені.*

**ЕСАУЫЛ** зат. сөйл. ***Есаул.***

**ЕСБІЛГІ** сын. *Маңдайалды, елдің алды болған.*

**ЕСЕ[1]** зат. **1.** *Тиесілі үлес, сыбаға, ақы.* **2.** *Бөлік, бөлшек.* **3.** ауыс. *Ыза, кек.*

**Есе [есесін] алды.** а) *Ақы-үлеске ие болды, иемдеді.* ә) *Кек-қарымта қайтарды, теңдік туды.* **Есе [есесін] берді.** а) *Сазайын тарттырды, сыбағасын берді.* ә) *Үлес, ақы берді.* **Есе бермеді.** *Ақысын, кегін жібермеді.* **Еседен айырылды.** *Үлестен құр қалды.* **Есепте бар, еседе жоқ.** *Ескерілмеді, қақас қалды.* **Есесі кетті.** *Ақысын жіберді, кегі кетті.* **Есесі қайтты [қайтпады].** *Ақысын жібермеді, қарымтасы, кегі қайтты.* **Есесін алды.** *Өшін алды, есесін қайтарды.* **Есесін қайтарды.** *Ақысын жібермеді, орнын толтырды.* **Есесін қайырды.** *Істеген ісіне сай жауап берді, есебін жібермеді.* **Есесінен толтырды.** *Басқаның есебінен түгелдеді.* **Есесін жеткерді.** *Қайырын берді, қарымын қайтарды.* **Есесін жоқтады.** *Үлесін, кегін іздеді.* **Есе [-сін] жібермеді.** *Ақысын, кегін, кезегін жібермеді.* **Есесін қайтарды.** а) *Жақсылыққа жақсылық жасады.* ә) *Ақысын, үлесін жібермеді.* б) *Кек қайтарды.* **Есесі өтелді.** *Есесі қайтты.* **Есе тиді.** а) *Тиесілі үлес, сыбаға алды.* ә) *Өмір кезегі келді; ерік, теңдікке қол жетті деген мағынада.*

**ЕСЕ[2]** зат. *Бастапқы қалпымен салыстырғандағы артық, кем мөлшер.*

**ЕСЕ[3]** зат. жерг. *Ес, сана.*

**ЕСЕБДАР** сын. сөйл. ***Есепдар.***

**ЕСЕБІ** шыл. жерг. *Мысалы, айталық.*

**ЕСЕБІНДЕ** шыл. *Ретінде, қатарында.*

**ЕСЕДЕЙ** сын. *Бірнеше есеге жуық, есеге тарта.*

**ЕСЕЙ** сын. жерг. *Ауыр, зор.*

**ЕСЕЙ=** ет. **1.** *Үлкею, өсу, ержету.* **2.** *Егде тарту, тоқтасу, мосқалдану.* **3.** ауыс. *Шынығу, шыңдалу, толысу, көркею.*

**Есейген шақ.** зат. *Адам өмірінің ер жеткендегі, ес білгендегі кезі.* **Есейіп көрген.** *Жасы ұлғайғанда туған.*

**ЕСЕЙГЕНДІК** зат. **1.** *Ержеткендік, естиярлық.* **2.** *Үлкейгендік, жасы ұлғайғандық, егде тартқандық.*

**ЕСЕЙТ=** ет. **1.** *Үлкейту, естияр ету.* **2.** *Марқайту.*

**ЕСЕК[1]** зат. **1.** *Жылқыдан аласа, құлағы үлкен, күтімді онша қажет етпейтін азық талғамайтын, құрғақшылыққа төзімді көлік малы.* **2.** зоол. *Жылқы туысына жататын сүтқоректі тақтұяқты жануар.* **3.** ауыс. *Ақымақ, миғұла, кеще (адам).* **4.** ауыс. *Қырсық, қыңыр (адам).*

**Есек арба.** *Есек жегуге лайықталған арба.* **Есек бәсеке [үміт].** *Әулекі, есірік, бос бәсеке, үміт.* **Есек дәме.** *Құрғақ қиял, орынсыз үміт, емексу.* **Есек дәмеленді.** *Жоқтан үміттенді, босқа дәмеленді.* **Есек дәмелендірді.** *Жоқтан үміттендірді.* **Есек дәмелі.** *Жоқтан үміткер.* **Есекке үкі таққандай.** *Жарасымсыз қылық, орынсыз мақтауға байланысты айтылады.* **Есек құрты мұрнынан түсті.** сөйл. кекесін. *Болып-толды, жетісті.* **Есек миын жеген.** сөйл. *Ақылсыз, мисыз.* **Есек миын жеді.** *Ақымақ болды, ақылы айныды.* **Есек мінез.** *Қасарыспа, кертартпа, қыңыр мінез.* **Есектен де жуас.** *Момын, көнбіс.* **Есектің к...ін жусаң да, мал тап.** *Жұмыстың жақсы-жаманына қарамай, арланбай кәсіп істе.* **Есектің миын жегенсің бе?** кейіс. *Ақылың орнында ма, ақымақсың ба?* **Есектің мойнына байлап жіберді.** *Мазақ етті, күлкі етті.*

**ЕСЕК[2]** зат. жерг. **1.** *Егін, шөп шапқанда шабылмай қалған жер, жал.* **2.** *Арық қазушылардың өлшеп алған жерінен қазып үлгермей қалған жері.*

**ЕСЕК[3]** зат. жерг. *Қырықтықтың ұстайтын жағына кигізіп қоятын тиек ағаш.*

**ЕСЕК[4]** зат. жерг. **1.** *Төрт аяқты үстел.* **2.** *Үйдің қол жетпейтін жоғарғы жағын құруға пайдаланатын ұзын аяқты үстел.*

**ЕСЕКАРА** зат. зоол. *Араның бір түрі, тұрқы 25–30 мм, ағаш қуыстарына ұялайтын.*

**ЕСЕКБЕДЕ** зат. өс. *Тас беденің бір түрі.*

**ЕСЕКЖЕМ**[1] зат. жерг. ***Қырықаяқ.***

**ЕСЕКЖЕМ**[2] зат. мед. <лат. urticaria> *Теріде және шырышты қабатта кенеттен қызарып, күлдіреп шығатын қышымалы бөртпелер түріндегі ауру.*

**ЕСЕКЖЕМ**[3] зат. *Есек малының сүйіп жейтін шөп түрлері.*

**ЕСЕКЖОҢЫШҚА** зат. өс. <лат. vicia> *Жабайы жоңышқаның бір түрі.*

**ЕСЕКҚҰЛАҚ** зат. өс. *Дәрілік майтамыр.*

**ЕСЕКҚҰРТ** зат. зоол. <лат. oniscus asellus> *Ылғалды жерлерде тіршілік ететін тең аяқты шаяндар тобына кіретін қара қоңыр түсті көпаяқты құрт.*

**ЕСЕКҚҰРТТАР** зат. зоол. *Теңаяқты шаянтектестердің отряд тармағы.*

**ЕСЕКҚЫРҒАН** зат. астр. *Юпитер планетасының қазақ арасындағы ежелгі аты.*

**Есекқырғанды Шолпан деп.** *Беймезгіл у да шу, дүркірей жөнелу мағынасында айтылады* [*Түн ортасы ауа шығыс жақтан туатын жарық жұлдыз Есекқырғанды Шолпан деп ерте көшкен керуен барлық көлігін – есегін қырып алыптымыс. Содан ол жұлдыздың аты ескі аңыз бойынша Есекқырған аталыпты*].

**ЕСЕКМИЯ** зат. бот. <лат. sophora japonica> *Көпжылдық улы өсімдік және соның сопақша келген қоңыр түсті дәні.*

**ЕСЕКМИЯЛЫ** сын. *Есекмия өскен.*

**ЕСЕКМОНШАҚ** зат. жерг. *Жүзіктің ортасындағы сопақша, жұмыр келген тас.*

**ЕСЕК-ПЕСЕК** зат. *Әйтеуір мініс көлігі, аяқ артар.*

**ЕСЕКТАРТЫСПАҚ** зат. ойын. *Балалар бір-біріне мініп, өзара тартысып, бір-бірін құлатуға тырысатын балалар ойыны.*

**ЕСЕКТАС** зат. этн. *Әсемдік үшін және жас балаларға, қыздарға назар түспеуі, көз тимеуі үшін киімге тағылатын көк түсті тас.*

**ЕСЕКТЕЙ** сын. **1.** *Есек сияқты; топас, көнбіс, жуас (адам).* **2.** ауыс. *Үлкен, дәу.*

**ЕСЕКТІ** сын. *Есегі бар, есек мінген.*

**ЕСЕКТІК** зат. *Ақымақтық, надандық, топастық.*

**ЕСЕКТІК** сын. **1.** *Есекке лайық, есекке тән.* **2.** *Көнбіс, төзімді.*

**ЕСЕКШЕ** үст. *Есек сияқтанып, есекке ұқсап.*

**ЕСЕКШӨП** зат. өс. *Сабағы түкті, ылғалды жерде өсетін, биіктігі 60-120 см-дей, екіжылдық әсем шөп.*

**ЕСЕЛЕ**= ет. **1.** *Қосу, үстемелеу, толтыру.* **2.** *Үдеу, күшею.* **3.** *Асыру, арттыру.* **4.** *Бүктеу, қабаттау, қаттау.* **5.** мат. *Көбейту.*

**Еселеп арттыру**. *Бірнеше есе арттырып, қарқынды түрде көбейту, ұлғайту.* **Еселеп ішті.** *Мөлшерден артық ішті.* **Еселеп шай демдеу.** *Шайды үсті-үстіне демдеу, сұйылтпау.*

**ЕСЕЛЕГІШ** зат. *Көбейткіш.*

**ЕСЕЛЕН**= ет. *Қосылу, үстемелену, толтырылу.*

**ЕСЕЛЕНУ** *Еселен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕЛЕП-ЕСЕЛЕП** үст. *Үсті-үстіне.*

**ЕСЕЛЕҢ** сын. сөйл. *Есалаң, жарымес, ақылы кем.*

**ЕСЕЛЕС**= ет. *Бірге қосу, үстемелесу.*

**ЕСЕЛЕСТІК** зат. *Орайластық, сәйкестік.*

**ЕСЕЛЕТ**= ет. *Үстемелету, үсті-үстіне қостыру, толтырту.*

**ЕСЕЛЕТТІР**= ет. *Үстемелттіру, жаңалаттыру, еселеп қостыру.*

**ЕСЕЛЕУ** *Еселе етістігінің қимыл атауы; қосу, үстемелеу.*

**ЕСЕЛІ** сын. **1.** *Тиесілі, тиісті, лайықты.* **2.** *Есесі мол, табысты, өнімді.*

**Еселі ел.** *Іргелі, өскен-өнген ел.* **Еселі еңбек.** *Қарқынды, екпінді еңбек.* **Еселі жұлдыз.** астр. *Гравитациялық күш әсерімен массаларының ортақ центрі маңында айналатын, құрамында бірнеше жұлдыздары бар жүйелер.* **Еселі интеграл.** мат. *Жазықтықтың, үш өлшемді немесе көп өлшемді кеңістіктің белгілі бір облысында анықталған функцияның интегралы.* **Еселі сыбаға.** *Тиселі үлес.*

**ЕСЕЛІК** зат. мат. *Екі немесе бірнеше санға қалдықсыз бөлінетін сан.*

**Еселік қатынас заңы.** хим. *Химияның негізгі заңдарының (стехиометрия заңдарының) бірі.*

**ЕСЕМЕЛЕ**= ет. *Үдеу, күшею, өршу.*

**ЕСЕН** үст. *Аман-сау, сау-саламат.*

**ЕСЕН-АМАН** үст. *Аман-есен, сау-саламат, түп-түгел.*

**ЕСЕН-АМАНДЫҚ** зат. *Аман-есен, сау-саламат болушылық.*

**Есен-амандық сұрасты**. *Амандасты, сәлемдесті.*

**ЕСЕНДЕС**= ет. **1.** *Амандасу, сәлем беру.* **2.** *Қоштасу, қош айтысу.*

**ЕСЕНДЕСУ** *Есендес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәлемдесу.* **2.** *Қоштасу, қош айтысу.*

**ЕСЕНДІК** зат. *Амандық, саулық, түгелдік.*

**Есендік айтысты.** *Амандық, саулық сұрасты.* **Есендік сұрасты.** *Хал-жағдай білісті, амандасты.*

**ЕСЕНДІК-САУЛЫҚ** зат. сөйл. ***Есен-саулық.***

**Есендік-саулық сұрасты.** *Амандық, саулық сұрасты.*

**ЕСЕН-САУ** үст. *Аман-сау, сау-саламат.*

**ЕСЕН-САУЛЫҚ** зат. *Амандық, есендік, саулық.*

**Есен-саулық сұрады [сұрасты].** *Амандасты, жағдай білісті.*

**ЕСЕНШІЛІК** зат. сөйл. ***Есендік.***

**ЕСЕҢГІ** зат. вет. *Мал денесіне қаптап шығатын ұсақ бөртпелер.*

**ЕСЕҢГІ=** ет. сөйл. ***Есеңгіре.***

**ЕСЕҢГІРЕ**= ет. **1.** *Есінен айырылу, талықсу, әлсіреу, қалжырау.* **2.** *Не істерін білмеу, мәңгіру.* **3.** ауыс. *Ақылынан адасу, сандырақтау, алжасу.*

**Есеңгіреп қалғандай.** *Есінен айырылу, мәңгіру.*

**ЕСЕҢГІРЕТ**= ет. **1.** *Талықсыту, қалжырату.* **2.** *Есінен тандыру, әлсірету, қажыту.* **3.** ауыс. *Көңілін мас қылу, жан рахатына батыру.* **4.** ауыс. *Астан-кестен ету.*

**ЕСЕҢГІРЕТІЛ**= ет. *Есі кіресілі-шығасылы етілу, талықсыту.*

**ЕСЕҢГІРЕУ** *Есеңгіре етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Есінен айырылу.* **2.** спорт. *Қаты соққы алған немесе оны соққыдан құлап түскен боксшының осыдан кейінгі 10 секундтың ішінде қалпына келуі.*

**ЕСЕП** зат. **1.** *Бір нәрсенің цифрмен көрсетілген саны, мөлшері.* **2.** пед. *Төрт амалға (қосу, алу, көбейту, бөлу) негізделген пән.* **3.** мат. *Ойлау, есептеу арқылы шешуді қажет ететін санға негізделген жаттығу.* **4.** *Ой-пікір, амал-айла.* **5.** *Болжам, өлшем, шама, мөлшер.* **6.** іскери. *Кадрлардың жеке басына қатысты мәлімет.* **7.** іс қағаз. *Жеке ұйымның, не адамның қызметі, жұмысы туралы (ауызша не жазбаша) хабар, мәлімет.* **8.** *Бір нәрсеге пара-пар, тең.* **9.** *Санақ, санат.* **10.** экон. *Басқарылатын нысанның жай-күйі, оның айналысы, басқарушылық өкімдерінің орындалуы және қорытындылаушы мәліметтер туралы деректердің жиынтығы болып табылатын қажетті ақпаратты жинау мен тіркеу жүйесі.*

**Есебі бар [болды].** *Мәні, сыры бар.* **Есебі жоқ.** *Тіпті көп, мол, сансыз, ұшы-қиырсыз.* **Есебінен жаңылды [жаңылып қалды].** *Қателесті, ойы дұрыс шықпады.* **Есебін жібермеді.** *Есесін жібермеді.* **Есебін тапты.** *Ретін келтірді, амалын тапты.* **Есеп ажырасты**. *Алысып-берісті, есептесті, есеп айырысты.* **Есеп айырды [айырысты].** а) *Ақысын, үлесін берді, қарызын қайтарды.* ә) *Сазайын берді, кегін қайтарды.* **Есеп айырысу**. экон. *Ақшалай міндеттемелердің атқарылуы.* **Есеп айырысу бағасы.** экон. *Өндірудің табиғи және басқа объективті жағдайларын ескере отырып, салалар мен аймақтар ішінде сараланған біртекті өнімнің көтерме сауда және сатып алу бағасы түрлерінің бірі.* **Есеп алды**. а) *Жұмыстың барысы, нәтижесі туралы мәлімет, хабар алды.* ә) *Ақысын алды, есептесті.* б) *Іске қорытынды жасады, нәтижені топшылады.* в) ресми. *Иерархиялық қатынаста тұрған мекемелер мен адамдардың жоғарғысының төменгісінен есеп сұрауы, қабылдауы.* **Есеп ашу**. спорт. *Ойынның алғашқы ұпайына ие болу.* **Есеп берді.** а) *Болған уақиға, істелген жұмыс туралы баяндады, мәлімдеді, ақпар берді.* ә) *Жауап берді, талдау жасады.* **Есеп беру**. инф. а) *Ақпараттың қорытындыланып, тақырыптары мен бет нөмірлері қойылып, қағазға басылған құжат түрінде бейнеленген түрі.* ә) *Электрондық пошта жүйесінен туындайтын және хабардың немесе үлгінің табысты жөнелтілуі туралы мағлұматы бар ақпараттық нысан.* б) іскери. *Атқарылған шара, орындалған іс туралы тиісті орын, ұжым, т.б. алдында ақпар беру.* **Есеп беру картасы.** әск. *Белгіленген уақыт кезеңіндегі өз әскерлерінің (күшінің) және қарсыластың ұрыс қимылының барысы графикалық түрде хронологиялық жүйелілікпен көрсетілген ұрыстың ақпараттық есеп беру құжаты.* **Есеп беру - сайлау жиналысы.** ресми. *Белгілі бір мерзім арасындағы ұжымның жұмысын қорытындылау және ұйым басшыларын сайлау жиналысы.* **Есеп болды.** *Солай деп ұйғарылды, саналды.* **Есеп емес.** *Сөз емес, түк те емес; есептемеу, санамау.* **Есеп етіп болмайды.** фольк. *Есепсіз, есептеп болмайды.* **Есеп жасады.** а) *Есептеді, шамалады.* ә) *Аражігін ашты, біржола қоштасты.* **Есеп жетпес [жеткісіз].** *Тіпті көп, есепсіз, мол.* **Есеп жоқ.** а) *Сансыз көп, есепсіз-қисапсыз.* ә) *Айтпағаны жоқ.* **Есепке алды [алмады].** а) *Санады, есептеді.* ә) *Ескерді, еледі, санасты.* б) *Арнайы бақылауға алды, қадағалады.* **Есепке алу**. экон. *Шаруашылық органдардың өзара ақшалай талаптарын есепке алынған сомада төлемсіз өтеу.* **Есепке алу ережесі.** әск. *Қару-жарақты бақылау мақсатында қаруды есепке алуды жеңілдету үшін белгіленген шаралар.* **Есепке алынбаған кен.** кен. *Құрамында бағалы заттың пайыздық үлесі өте төмен немесе құрамбөліктері байытуға келмейтін минералдар түрінде болғандықтан, байытудан өтпейтін, қазып алынуы экономикалық жағынан тиімсіз кендер.* **Есепке енгізді.** *Санаққа кіргізді, есептеді.* **Есепке кірді.** *Қатарға қосылды.* **Есепке жүйрік.** *Есептегіш, білгіш.* **Есепке қосылды.** *Қатарға кірді, теңелді.* **Есепке тұтты.** *Ескерді, еледі.* **Есепке шақты.** *Есептеді, есепке алды.* **Есеп құжаттамасы.** қаржы. *Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болатын бастапқы құжаттар.* **Есеп қылды.** *Санады,*

*есептеді.* **Есеп қылмады.** *Ескермеді, елемеді.* **Есеп операциялары**. экон. *Банкілердің вексельдерді және борыш міндеттемелерінің басқа да кейбір түрлерін есептеу операциялары.* **Есеп регистрі.** экон. *Бухгалтерлік есепке сәйкес ағымдағы операцияларды күнделікті тіркеп отыру құжаты.* **Есеп саясаты**. экон. *Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жүргізу және қаржы есеп-қисабын ашып көрсету ережелерінің, тәсілдерінің, әдістерінің жиынтығы.* **Есепте болды.** *Есте болды, ескерілді.* **Есептен тыс.** *Нормадан артық, жоспардан тысқары.* **Есепте тұрды.** а) *Мүше болды, мүшелікке алынды.* ә) *Ерекше бақылауға алынды.*

**ЕСЕПДАН** сын. **1.** *Есепқор, есепшіл, ұсақ.* **2.** *Есепті жақсы шығаратын, есепке жүйрік, тез есептейтін, есептегіш.*

**ЕСЕПДАНДАУ** сын. *Есеппен қимылдайтын, ұсақтау.*

**ЕСЕПДАНДЫҚ** зат. *Есепдан болушылық, есепшілдік, ұсақтық.*

**ЕСЕПДАР** сын. *Есепқор, есепшіл, санасуға бейім.*

**ЕСЕПДАРЛЫҚ** зат. *Есепқорлық, есепшілдік, ұсақтық.*

**ЕСЕПКЕР** сын. *Есепшіл, ұсақ. // Есеп жұмысын жүргізуші, есепші, есеп-қисапшы.*

**ЕСЕПКЕРЛІК** зат. *Есепкер, ұсақ болушылық. // Есеп-қисап жүргізуге қатысты.*

**ЕСЕПКІТАПША** зат. *Күнделікті есеп-қисапты жазып отыратын кітапша.*

**ЕСЕП-ҚИСАП** [ар. حساب] зат. **1.** *Бір нәрсенің жалпы сан мөлшері, саны, есебі, мән-мазмұны.* **2.** қаржы. *Мекеменің кіріс-шығыс есебі, бухгалтерлік жұмысы.* **3.** сөйл. *Есеп, арифметика, математика, бухгалтерия.* **4.** *Бір нәрсенің жан-жақты талқыланып, есептелуі, санағы.*

**Есеп-қисап жасасты [айырысты].** *Есептеп шығарысты, есептесті, санасты.* **Есеп-қисап жұмысы**. *Мекеменің немесе кәсіпорынның, шағын кәсіпкерлік орындардың шаруашылығының қаржылық кіріс-шығысын есептеу, реттеу жұмыстары.*

**ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ** үст. **1.** *Есептемей, санаусыз, есебін жүргізбей.* **2.** *Сансыз көп, шамадан тыс көп, есепсіз.*

**ЕСЕПҚОЙ** сын. *Есепшіл, санасып қалған, ұсақ (адам).*

**ЕСЕПҚОЙЛЫҚ** зат. *Есепқой болушылық, ұсақтық.*

**ЕСЕПҚОР** сын. **1.** *Есепшіл, пайдакүнем.* **2.** *Есепке жүйрік, есептегіш.*

**ЕСЕПҚОРЛЫҚ** зат. *Есепқор болушылық, есепшілдік, пайдакүнемдік.*

**ЕСЕППАЗ** сын. *Есептеп отыратын, әр қадамы есептеулі.*

**ЕСЕППАЗДЫҚ** зат. *Есеппаз болушылық, есепқойлық.*

**ЕСЕП-САНАҚ** зат. <нем. Statistik> *Есеп-қисап, статистика.*

**Есеп-санақ жұмысы**. *Әр алуан шаруашылық пен кәсіпорында табыс пен шығынды есептеу жұмысы.* **Есеп-санақта жоқ**. *Есепке алынбайтын, санатта жоқ.*

**ЕСЕПСІЗ** үст. **1.** *Есепке алмай, қалай болса солай, беталды. // Ойластырмай істелінген, кездейсоқ болған.* **2.** *Текке, босқа, зая.* **3.** *Қисапсыз, сансыз көп, аса мол.*

**ЕСЕПСІЗДІК** зат. *Есепсіз болушылық, есепке алынбаушылық.*

**ЕСЕПТАС** зат. сөйл. ***Есепшот.***

**ЕСЕПТАЯҚ** зат. кәс. *Өрмек адырғысының алдында тұратын, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ.*

**ЕСЕПТЕ=** ет. **1.** *Есептеп шығару, санау.* **2.** *Ойлау, шамалау, мөлшерлеу.* **3.** *Ескеру, елеу, санасу.* **4.** *Реттеу, ойластыру, тәртіпке салу.*

**ЕСЕПТЕГІШ** зат. жаңа. *Жұмсалған энергияның, күш-қуаттың мөлшерін көрсететін құрал.*

**ЕСЕПТЕГІШ** сын. *Жылдам есептейтін, тез ойлайтын.*

**ЕСЕПТЕЛ=** ет. **1.** *Есептеп шығарылу, саналу.* **2.** *Табылу, болып табылу.*

**ЕСЕПТЕЛУ** *Есептел етістігінің қимыл атауы; табылу, болып табылу.*

**ЕСЕПТЕЛІН=** ет. *Есептеліп шығарылу, саналу, шамалану, мөлшерлену.*

**ЕСЕПТЕЛІНУ** *Есептелін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕПТЕП-ҚИСАПТА=** ет. *Санау, шамалау, мөлшерлеу.*

**ЕСЕПТЕМ** зат. қаржы. *Клиенттердің ақша аударымдарын, операцияларын есептеуге арналған банктерде қолданылатын есептеу жазбасы.*

**ЕСЕПТЕС=** ет. **1.** *Бірлесе санасу, қосыла шамалап көру.* **2.** *Есеп айырысу, ақысын төлеу.* **3.** *Санасу, бір нәрсені елеу, ескеру, келісу.*

**ЕСЕПТЕСКІШ** сын. *Елегіш, санасқыш, ойлағыш.*

**ЕСЕПТЕСКІШТІК** зат. *Есептескіш болушылық.*

**ЕСЕПТЕСТІР=** ет. *Есеп айырыстыру, ақысын өтеттіру.*

**ЕСЕПТЕСТІРУ** *Есептестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕПТЕСУ** *Есептес етістігінің қимыл атауы. Санасу, елеу, есепке алу, ескеру.*

**ЕСЕПТЕТ=** ет. *Есептеп шығарту, санату, мөлшерлету.*

**ЕСЕПТЕТКІЗ=** ет. *Есептеп бергізіру, есептетіп шығарту.*

**ЕСЕПТЕТКІЗ** *Есептеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕПТЕТТІР=** ет. *Есептеп шығарту, есептеп бергізу.*

**ЕСЕПТЕТТІРУ** *Есептеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕПТЕТУ** *Есептет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕПТЕУ**[1] зат. *Санақ, есеп-қисап* (*заттық ұғымды білдіреді*).

**Есептеу аспабы.** *Алгоритмнің жеке әрекеттерін (операцияларын) ғана орындай алатын есептеу құралы.* **Есептеу әдісі.** *Салық есебінің амал-тәсілдер жиыны.* **Есептеу желісі**. инф. <ағыл. computer network> *Желі элементтерінің арасында мәліметтер жеткізуге арналған компьютерлер, қосымша жабдықтар, байланыс арналары және арнайы бағдарламалық жасақтамалар кешені; бір немесе бірнеше түйінінде есептеу мәшинелері (және басқа электрондық құрылғылар) орналасқан мәліметтер жеткізу жүйесі.* **Есептеу жүйесі**. инф. <ағыл. computer system> *Ақпарат қабылдауға, сақтауға, өңдеуге және оның нәтижесін пайдаланушыларға ыңғайлы түрде шығаруға арналған есептеу техника құралдарының өзара байланысқан жиынтығы ретінде берілген мәліметтер өңдеудің автоматтандырылған жүйесі.* **Есептеу қағидаты**. қаржы. *Бухгалтерлік есеп қағидаты.* **Есептеу қамтамасыздығы**. *Гидротехникалық құрылыстарды жобалау және сушаруашылығы объектілерінің құрылысын жүргізу барысында гидрологиялық шамалардың су нормативімен қамтылуы.* **Есептеу [компьютерлік] лингвистикасы**. лингв. <ағыл. computational linguistics> *Лингвистика мен жасанды интеллект тоғысындағы пән.* **Есептеу математикасы**. матем. *Математиканың есептеулер жүргізу мен электр есептегіш мәшинелерді пайдалануға байланысты мәселелерді қамтитын саласы.* **Есептеу орталығы.** *Электресептегіш мәшиненің көмегімен әртүрлі ақпаратты жинап, күрделі есептеу жұмысын орындайтын арнайы кәсіпорын.* **Есептеу орталықтарының желілері**. инф. <ағыл. networks of computer centers> *Байланыс арналарымен біріктірілген есептеу орталықтарының жиынтығы.* **Есептеу тәжірибесі**. *Компьютерлік моделі жасалған құбылысты, процесті, мәшинені зерттеу әдісі.* **Есептеу техникасы**. инф. <ағыл. computer science> *Ақпаратты өңдеу мен есептеудің математикалық процесін механикаландыру және автоматтандыру үшін қолданылатын құрал-жабдықтар орталығы.*

**ЕСЕПТЕУ** *Есепте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Санау, тіркеу.* **2.** *Ойлау, шамалау. // Бір нәрсенің есебін шығаруға арналған.* **3.** спорт. *Спорттық жаттығуларды тиімді жоспарлаудың маңызды шарттарының бірі.*

**ЕСЕПТЕУЛІ** сын. *Санаулы, есепке алынған.*

**ЕСЕПТЕУСІЗ** сын. *Есептеп шығармаған, мөлшерлеусіз.*

**ЕСЕПТЕУШІ** зат. **1.** *Солай деп санаушы.* **2.** *Есеп-қисап жүргізіп, есеп айырыстыратын адам.*

**ЕСЕПТЕУШІЛІК** зат. *Есепке алушылық, санаушылық.*

**ЕСЕПТЕУІШ** зат. *Бір нәрсенің санын, мөлшерін көрсететін құрал.*

**Есептеуіш мәшине**. тех. *Өңдеу процесін механикаландыруға, автоматтандыруға арналған құрылғы.*

**ЕСЕПТІ**[1] сын. **1.** *Дәл есептелген, есебі дұрыс, алдын ала ойластырылған.* **2.** *Санаулы, есептеулі, айтулы.*

**Есепті баяндама.** *Шаруашылық ұйымның белгілі бір мезгілдегі жұмысының қорытындысы.* **Есепті дос**. *Әр нәрсенің байыбын бағалайтын дос.* **Есепті жиналыс**. *Белгілі бір ұйымның белгілі бір мезгілде істеген жұмысының қорытындысына арналған отырыс.*

**ЕСЕПТІ**[2] үст. *Іспетті, тәрізді, сияқты.*

**ЕСЕПТІК**[1] зат. *Есеп шығаруға арналған математикалық тапсырма.*

**ЕСЕПТІК**[2] зат. қаржы. жаңа. *Есеп-қисап балансында көрсеткіштері көрініс табатын есеп-қисап шоты.*

**ЕСЕПТІК**[3] сын. *Есептеуге арналған, есепке алынған.*

**Есептік сан**. лингв. ***Есептік сан есім.*** **Есептік сан есім**. лингв. *Заттың аз-көптік есебін, ұзын санын білдіретін сан есімнің түрі.*

**ЕСЕПТІЛІК** сын. *Есеп беретін, санақтық.*

**ЕСЕПШОТ**[1] зат. *Он-оннан жүздей домалақ тасы бар, бір нәрсенің санын алып-қосып анықтауға арналған аспап.*

**ЕСЕПШОТ**[2] зат. қаржы. *Жеке кәсіпорынның өзге заңды тұлғалармен есеп айырысып, ақша қаражатын сақтау үшін банктен ашылған есебі.*

**Есепшот ашушы**. экон. *Ақшасын банкте сақтау мақсатымен жеке шотын ашушы.*

**ЕСЕПШІ**[1] зат. көне. *Тоғыс есебін жүргізіп, ауа райы, күн райы мен табиғат өзгерісі туралы болжам айтып отыратын адам.*

**ЕСЕПШІ**[2] зат. қаржы. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығысын есептеп, тіркеп отыратын маман; санақ жұмысымен айналысатын бухгалтер.*

**ЕСЕПШІ**[3] зат. кәс. *Өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын жабдық.*

**ЕСЕПШІДЕЙ** сын. *Есепші сияқты, есептеуші адам сияқты.*

**ЕСЕПШІЛ** сын. **1.** *Пайдакүнем, есепдан, ұсақшыл.* **2.** *Есепке жүйрік, есеп шығарғыш.*

**ЕСЕПШІЛДІК** зат. **1.** *Есепшіл болушылық, пайдакүнемдік, ұсақтық.* **2.** сөйл. *Есепші болушылық, есепшілік.*

**ЕСЕПШІЛІК** зат. *Есепші болушылық; есептеу жұмысы, есепші қызметі.*

**ЕСЕР** сын. **1.** *Ойына келгенін істейтін әумесер, тентек, есірік.* **2.** *Ақымақтау, әңгілеу.*

**Есер жабық**. жерг. *Онша емес, орташа ғана.*

**ЕСЕР-ЕРСІ** сын. *Әумесер, есір, дөрекі.*

**ЕСЕРЛЕН=** ет. **1.** *Әумесерлену, есіру, делқұлылану.* **2.** *Ақымақтану, әңгілену, қызбалану.* **3.** ауыс. *Ес жиғызбау, күшею, құтырыну.*

**ЕСЕРЛЕНДІР=** ет. *Әумесерлендіру, делқұлыландыру, есірту.*

**ЕСЕРЛЕНДІРУ** *Есерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕРЛЕНУ** *Есерлен етістігінің қимыл атауы; әумесерлену.*

**ЕСЕРЛЕУ** сын. *Әумесерлеу, мақтаншақтау, есіріктеу.*

**ЕСЕРЛІК** зат. *Есер болушылық, әумесерлік, есіріктік, делқұлылық.*

**ЕСЕРСОҚ** сын. *Нақұрыс, әумесер, есірік, ұрда-жық.*

**ЕСЕРСОҚТАН=** ет. *Жындану, аласұру, құтырыну.*

**ЕСЕРСОҚТАНДЫР=** ет. *Жындандыру, құтырту, аласұрту.*

**ЕСЕРСОҚТАНДЫРУ** *Есерсоқтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕРСОҚТАНУ** *Есерсоқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕРСОҚТАУ** сын. *Әумесерлеу, жындыкештеу, ақымақтау.*

**ЕСЕРСОҚТЫҚ** зат. *Есерсоқ болушылық, әумесерлік, есерлік.*

**ЕСЕРСУ** *Есерсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕРСІ=** ет. *Әумесерлену, есерсоқтану.*

**ЕСЕРСІТ=** ет. *Әумесерлендіру, есерсоқтандыру.*

**ЕСЕРСІТУ** *Есерсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСЕСІ** зат. *Бір нәрсенің қарымы, орны толуы.*

**Есесін қайырды**. *Орнын толтырды, есесін жібермеді.*

**ЕСЕСІЗ** сын. **1.** *Есе, үлестен құр қалған, теңдіксіз, тәуелді.* **2.** *Орны толмай, өтелмей.*

**ЕСЕСІМЕН** үст. *Артығымен, үстемесімен.*

**ЕСЕРТАРТЫС** зат. ойын. *Қазіргі «музыкалық каламбур» немесе «музыкалық масқарампаз» деген ойынға ұқсас ойын түрі.*

**ЕСЕ-ТЕҢДІК** зат. *Үлес-сыбаға, тиесі, теңдік.*

**ЕСЕЮ** *Есей етістігінің қимыл атауы; ақыл тоқтату, ер жету.*

**ЕСЕЮЛІ** сын. сөйл. *Өсіңкі, көтеріңкі.*

**ЕСКЕК**[1] зат. *Қайық жүргізу үшін суды есуге арналған, сабы ұзын, ұш жағы қалақша келген құрал.*

**Ескек пәре.** тех. *Қалақшасының беті винт тәрізді жасалып, көлденең оське орнатылған кеме қозғалтқыш.* **Ескек шалу**. жерг. *Ескек есу.*

**ЕСКЕК**[2] зат. сөйл. ***Кескек.***

**ЕСКЕК**[3] зат. **1.** *Салқын самал, жайлап соққан жел.* **2.** ауыс. *Екпінді, қарқынды, тасқынды, асқақ.* **3.** ауыс. *Лебі, буы, әсері.*

**Ескек жел [самал].** *Қоңыр салқын, жанға жайлы, есе соққан жел, самал.*

**ЕСКЕКАЯҚ** зат. зоол. *Жануарлардың суда тіршілік етуіне байланысты жүзуге бейімделген ескек тәрізді саусақты аяқтары.*

**ЕСКЕКАЯҚТЫ** зат. зоол. <лат. pinnipedia> *Суда жүзуге бейімделген ескек тәрізді бессаусақты жәндіктер мен жануарлар.*

**Ескекаяқты шаянтәрізділер.** зоол. <лат. copepoda> *Омыртқасыз жануарлардың буынаяқтылар түрінің шаянтәрізділер табына жататын бір тармағы.*

**ЕСКЕКАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. pelecaniformes> *Құстар табы отрядына жататын, денесі ірі су құстары.*

**ЕСКЕКАЯҚШЫ** зат. *Су астында акволангамен жүзетін адам.*

**ЕСКЕКЕТ=** ет. сөйл. ***Ескектет.***

**ЕСКЕКСІЗ** сын. *Ескегі жоқ.*

**Ескексіз қайықтай**. *Басқарусыз қалғандай, дәрменсіз, амалсыз.*

**ЕСКЕКТЕ=** ет. **1.** *Ақырын ғана жел соғу, жел тұру, желпу.* **2.** ауыс. *Борату, жосыту, асқақтау, екпіндеу.*

**ЕСКЕКТЕЙ** сын. *Ескек сияқты, ескек секілді.*

**ЕСКЕКТЕЛ=** ет. *Желдің соғылуы, боратылу.*

**ЕСКЕКТЕЛУ** *Ескектел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕКТЕТ=** ет. **1.** *Ақырындап үдей жел тұру, борату.* **2.** *Желіктіру, құлшындыру, желдірту, желпіндіру.*

**ЕСКЕКТЕТУ** *Ескектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕКТЕУ** *Ескекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕКТҰМСЫҚ** зат. зоол. *Теңізде тіршілік ететін балықтың бір түрі.*

**ЕСКЕКТІ** сын. *Ескегі бар, ескек орнатылған. // Ескекпен ғана жүретін, жүзетін.*

**Қос ескекті.** *Екі жағында да ескегі бар.*

**ЕСКЕКТІЛЕР** зат. зоол. <лат. ctenophora> *Омыртқасыз жануардың тек теңізде тіршілік ететін бір түрі.*

**ЕСКЕКШІ** зат. **1.** *Қайықты жүргізуші, ескекті есетін адам.* **2.** спорт. *Қайыққа мініп жарысатын спортшы.*

**ЕСКЕКШІЛІК** зат. *Ескекші болушылық.*

**ЕСКЕКШІСЫМАҚ** зат. экспр. кекесін. *Ескекші деген аты бар, ескекші болып жетістірмейтін адам.*

**ЕСКЕКШІСІЗ** сын. *Ескекшісі жоқ, ескекшінің қатысынсыз.*

**ЕСКЕЛЕҢ** сын. сөйл. ***Өскелең.***

**ЕСКЕР=** ет. **1.** *Еске алу, есте тұту, ұмытпай елеп, ойына алу.* **2.** *Ардақтау, қадірлеу, құрмет тұту.*

**ЕСКЕРГІШ** сын. *Елегіш, байыптағыш, білгіш, аңғарғыш.*

**ЕСКЕРГІШТЕ=** ет. *Ескере түсу, әлсін-әлсін еске түсіру.*

**ЕСКЕРГІШТЕТ=** ет. *Әлсін-әлсін еске түсірту.*

**ЕСКЕРГІШТЕТУ** *Ескергіштет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕРГІШТЕУ** *Ескергіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕРМЕ** зат. сөйл. ***Ескерткіш.***

**ЕСКЕРТ=** ет. *Еске алдырту, есте тұттыру.*

**ЕСКЕРТКІШ** зат. **1.** *Естен шығармау, ұмытпау мақсатымен берілетін белгі-сый.* **2.** өнер. *Еңбегімен, ерлігімен аты шыққан даңқты адамдарды немесе тарихи уақиғаларды халықтың есінде қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.* **3.** *Ерте дәуірден қалған тарихи мұра, көненің көзі.*

**Ескерткіш орнатты.** *Өмірден озған белгілі қоғам, ұлт қайраткерлерінің жасаған еңбегіне тағзым ретінде мүсінін жасап, алаңдар мен саябақтарға қойды.* **Ескерткіш орнатылды.** *Белгілі қоғам, ұлт қайраткерінің тұлғасы ел есінде мәңгі қалсын деген мақсатпен, мүсінін жасап, көпшілік, мәдени орындарға қойылды.* **Ескерткіш тілі.** лингв. *Көне жазба мұралар мәтініне тән, өзіндік құрылымы бар, тарихи тіл.*

**ЕСКЕРТКІШСІЗ** сын. *Ескерткіш жоқ, атаусыз, белгісіз.*

**ЕСКЕРТКІШТЕЙ** сын. *Ескерткіш сияқты, ескерткішке ұқсас.*

**ЕСКЕРТКІШТІК** сын. *Ескерткіш боларлық, мұра етерлік.*

**ЕСКЕРТПЕ** зат. **1.** *Кеткен олқылық, кемістік туралы сын.* **2.** *Алдын ала есіне салып қоюшылық, ескертушілік.* **3.** ресми. *Ұйым, басшы тарапынан берілетін жеңіл тәртіптік жаза.* **4.** сөйл. *Үнемі еске түсіріп, салып тұру үшін жасалған белгі.* **5.** *Теріс, жағымсыз іске білдірілген қарсылық, наразылық қайталанбасын, доғарылсын деген қатал ниеттен туған әрекет.*

**Ескертпе сөз**. *Жіберген олқылық туралы, оған жол бермеу жайлы айтылған ескерту.*

**ЕСКЕРТУ**[1] зат. **1.** *Біреудің мінезіне, ісіне байланысты ауызша не жазбаша айтылатын ескертпе.* **2.** ресми. *Мінез-құлқындағы, жұмысындағы кемшілік үшін әкімшілік атынан ауызша не жазбаша түрде берілетін тәртіптік жаза.* **3.** *Теріс, жағымсыз іске білдірілетін қарсылық, қайталанбасын, доғарылсын деген ниеттен туған әрекет.* **4.** спорт. *Төрешінің дауыстап немесе ерекше белгі арқылы жарыс ережесінің бұзылғандығы жайлы хабарламасы.*

**ЕСКЕРТУ**[2] *Ескерт етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені ойына салу, хабардар ету.*

**ЕСКЕРТУДЕЙ** сын. *Жағымсыз іс қайталанбасын деген қатал ниетті білдіретін белгідей.*

**ЕСКЕРТУСІЗ** сын. *Ескерту жасамай, айтпай, білдірмей.*

**ЕСКЕРТІЛ=** ет. *Еске салыну, хабардар етілу.*

**ЕСКЕРТІЛУ** *Ескертіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕРУ** *Ескер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еске салу, хабарлап айту.* **2.** *Есте ұстау, назарға алу, ұмытпау.*

**ЕСКЕРУЛІ** сын. *Есте бар, ойластырылған.*

**ЕСКЕРУСІЗ** үст. **1.** *Елеусіз, байқаусыз.* **2.** *Ұмыт қалған, есептен шығып қалған.*

**Ескерусіз қалды.** *Елеусіз қалды, ұмытылды.*

**ЕСКЕРІЛ=** ет. *Еске алыну, есте тұтылу.*

**ЕСКЕРІЛУ** *Ескеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕРІМДІ** сын. сөйл. *Ескергіш, аңғарғыш.*

**ЕСКЕРІМДІЛІК** зат. *Ескерімді болушылық, ескергіштік.*

**ЕСКЕРІМСІЗ** сын. сөйл. ***Ескерусіз.***

**ЕСКЕРІҢКІРЕ=** ет. *Аңғарыңқырау, елеңкірей түсу.*

**ЕСКЕРІҢКІРЕТ=** ет. *Аңғарта, анықтата түсіру.*

**ЕСКЕРІҢКІРЕУ** *Ескеріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКЕРІС=** ет. *Қосыла еске алыну, бірлесе есте тұтылу.*

**ЕСКЕРІСУ** *Ескеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКІ** сын. **1.** *Тозығы жеткен, өңі кеткен, ұсталған.* **2.** *Көне, баяғы, бағзы, ертедегі. // Ертедегі өмір, баяғы кездегі тұрмыс-тіршілік.* **3.** *Бұған дейінгі, бұрынғы өткен кездегі.* **4.** *Танымал, таныс, байырғы.* **5.** *Бұрыннан бар, бәріне белгілі.* **6.** ауыс. *Сыралғы, сырлас, сыр*

*мінез.* **7.** *Үйреншікті, дағдылы, қалыптасқан, машықты.* **8.** *Ұзақ тұрған, көп сақталған.*

**Ескі ай.** *Ай толғаннан бастап, туғанға дейінгі кезең.* **Ескі айдың он төрт [он үш, он екі.., бір] жаңасы.** *Ай толғаннан бастап қайта туғанға дейінгі кезең.* **Ескі ақынша зарлады**. контекст. *Бұл жерде ақын байырғы кездегі ақын-жыраулардың бай-манаптардың дәулетін мадақтауын сынау мағынасында қолданып тұр.* **Ескі арна**. *Өзеннің негізгі арнасынан әртүрлі жағдайға байланысты бөлініп, оқшау қалған бөлігі.* **Ескі әнге [әуенге] басты.** *Баяғы әдетіне салды, соны қайталады.* **Ескі әңгіме**. *Бұрыннан айтылып жүрген нәрсе.* **Ескі әуез**. *Көне жыр, байырғы әңгіме.* **Ескі бет.** *Жас сияқты емес, өңі көне.* **Ескі дәуір [заман].** *Баяғы кез, көне заман.* **Ескіден қалды.** *Ескі уақыттан, бұрынғы заманнан қалған (зат, салт, кісі туралы).* **Ескі дос**. *Көптен сырлас, ниеттес, сыр мінез адам.* **Ескі достай елжіреді**. бейн. *Көптен таныс, етене жақын адамындай көңіл білдірді.* **Ескі жазу.** а) *Көне жазба ескерткіші.* ә) *Қазақ қоғамында ертеректе қолданылған араб жазуы.* **Ескі жара.** а) *Ертеректе алған жарақат.* ә) *Көңілде бұрыннан жүрген түйткіл, реніш, қаяу.* **Ескі жараны білтелеу.** *Өткен-кеткенді қайта қозғау, бұрынғы көңілге түскен қаяуды қайта еске салу.* **Ескі жараның аузын ашты [тырнады].** *Іштегі бұрынғы ыза-кекті оятты, бұрынғы жағымсыз істі, қайғылы оқиғаны т.б. қайта еске салды.* **Ескі жұрт.** а) этн. *Елдің басқа орынға көшіп кеткендегі қалған орны, мекені.* ә) бейн. *Бұрынғы кездегі, ертеректегі халықтың өмір сүру салты, тіршілігі.* **Ескі [ескіден қалған] көз.** а) *Сырмінез, сырлас доскұрбы.* ә) *Көне көз қария, өткеннің куәсі болған адам.* б) *Көнеден келе жатқан белгі, ескерткіш.* **Ескі көздей**. *Ескерткіштей, ыстық көрінетін заттай.* **Ескі құлақ.** *Кәріқұлақ, көрген-білгені мен естігені көп (адам).* **Ескі моладай**. бейн. *Төбесі мұжіліп, құлап, аласарып қалғандай деген мағынада.* **Ескінің көзі**. *Көненің белгісі, қалдығы, жұрнағы.* **Ескінің қолқасы**. *Бұрынғылардың ізімен істелген іс.* **Ескінің сарқыты.** *Бұрынғының белгісі, қалдығы.* **Ескі оқу**. *XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін қазақ қоғамындағы араб әліпбиімен оқытатын діни оқу.* **Ескі салт [әдет].** *Көне дәуірден жеткен әдет-ғұрып.* **Ескі сарын.** *Баяғы әдеті, үйреншікті қылығы.* **Ескі сөз.** *Бұрынғыдан қалған сөз.* **Ескі сүйек**. *Сарсүйек, ежелгі жекжат, құда-құдандалы.* **Ескі танысша**. бейн. *Әбден жақсы білетін адамша, бұрыннан сыры белгілі кісіше.* **Ескі теңгеліктей көмескі тартты**. бейн. *Әбден тозды, ажары кетіп, солды.* **Ескі тұяқ.** *Ескіден қалған жұрнақ, ескінің көзі.* **Ескі үлгілі.** *Қазіргі, жаңа сәннен шығып қалған киім пішімі.* **Ескі шөп**. *Өткен жылдан қалған шөп.* **Есте жоқ ескі мезгілде**. *Баяғы көне заманда.* **Есімханның ескі жолы.** тар. *Есімханның тұсында жаңартылып XX ғасырдың ортасына дейін қолданылған тұрмыстық, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарды реттеуде «ата-баба жолын» басшылыққа алған дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы [Есім хан – Еңсегей бойлы ер Есім (туған жылы белгісіз – 1645) – 1598-1645 жылдарда Қазақ хандығының ханы, Шығай сұлтанның ұлы].* **Ескі [кәрі, көне] көз.** *Көпті көрген, мағлұматы мол, көп білетін.* **Ескі дүние есігін теуіп ашты.** *Ескі өмір құрсауын бұзып шықты.* **Ескі жара.** *Өткен реніш, көңілдегі қаяу.* **Ескі қазақ тілі.** лингв. *Орта ғасырларда (14–16 ғ.ғ.) қолданылған қазақ халқының тілі.*

**ЕСКІБЕТТЕН=** ет. *Аздап өңі тая бастау.*

**ЕСКІДЕЙ** үст. *Ескі сияқты, ескі тәрізді.*

**ЕСКІ-ҚҰСҚЫ** зат. **1.** *Тозығы жеткен, пайдаланылған, ұсталған көнетоз, қоқыр-соқыр. // Тозығы жеткен, көнетоз.* **2.** *Тұтынушыға жарамағанымен, өндірілетін шикізат есебінде ұқсатуға келетін заттар.*

**Ескі-құсқы базары**. *Пайдаланылған заттарды сататын базар.*

**ЕСКІЛЕ[1]=** ет. **1.** *Ескекті үсті-үстіне есе түсу.* **2.** ауыс. *Суды, ауаны қолмен тілгілеу, қолын әрі-бері сермеу.*

**ЕСКІЛЕ[2]=** ет. *Тоздыру, көнелеу.*

**ЕСКІЛЕУ[1]** сын. *Ұсталыңқыраған, ескірің-кірген. // Ертерек, бұрынырақ.*

**ЕСКІЛЕУ[2]** *Ескіле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКІЛІ-ЖАҢАЛЫ** сын. *Ескісі мен жаңасы аралас.*

**ЕСКІЛІК[1]** зат. **1.** *Тозығы жету.* **2.** *Бұрынғы, ескі қоғамның салт-сана, әдет-ғұрпы.* **3.** көне.

**Ескілік сөз**. *Бұрынғыдан қалған тәлімді сөз.* **Ескіліктің [ескінің] сарқыны**. а) жағымсыз. *Теріс әдет, ескі сананың кертартпа жұрнағы.* ә) *Бұрынғы заманнан осы заманға өткен, бүгінде ұмыт болған немесе қажетсіз болып қалған зат, құбылыс.*

**ЕСКІЛІК[2]** сын. **1.** *Ескіге тән, бұрынғы, баяғы.* **2.** *Қарттық, кәрілік. // Көне дәуір, өткен заман.* **3.** *Ескі-құсқы, тозығы жеткен.*

**ЕСКІЛІКСІЗ** сын. *Ескі салт-дәстүрді сақтамай, бұрынғы жорамаларсыз.*

**ЕСКІЛІКТЕЙ** сын. *Ескілік сияқты, ескілік тәрізді.*

**ЕСКІЛІКТІ** сын. *Ежелгі, бұрынғы, ескі.*

**Ескілікті ауру [сырқат, науқас].** *Бойға сіңген ескі ауру.*

**ЕСКІЛІКШЕ** үст. *Ескіге ұқсас, ескі сияқты.*

**ЕСКІР[1]=** ет. **1.** *Көнеру, тозу, өңі кету.* **2.** ауыс. *Күні өту, уақтысы біту, ерсі көріну.* **3.** ауыс. *Естен шығу, ұмытылу, еленбеу.* **4.** ауыс. *Қартаю, егде тарту.* **5.** ауыс. *Тозу, жарамсыз болып қалу, құнарсыздану.* **6.** ауыс. *Былғану, дәмі бұзылу.*

**Ескірмейтін болат**. тех. *Механикалық қасиеттері тұрақтанған, аз көміртекті болат (көміртек 0,15%-ға дейін).*

**ЕСКІР[2]=** ет. сөйл. *Есіркеу, аяу.*

**ЕСКІРТ=** ет. **1.** *Күнін өткізу.* **2.** *Ескі қылу, тоздырту.*

**ЕСКІРТУ** *Ескірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКІРУ** *Ескір етістігінің қимыл атауы; кәрі көрсету.*

**Ескіру мерзімі**. заң. *Қылмыстық және азаматтық істер бойынша заңда белгіленген мерзімнен кейін іс қозғауға болмайтын жағдай.*

**ЕСКІРІҢКІРЕ=** ет. *Ескіре түсу, көнерің-кіреу, тозыңқырау.*

**ЕСКІРІҢКІРЕТ=** ет. *Ескірте түсу, тозың-қырату.*

**ЕСКІРІҢКІРЕТУ** *Ескіріңкірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКІСІЗ** сын. *Ескі болмай, ескі дүниесіз.*

**ЕСКІСІН=** ет. *Ескі көру, қомсыну.*

**ЕСКІСІНУ** *Ескісін етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСКІ-ҰСҚЫ** зат. сөйл. ***Ескі-құсқы.*** // *Ескірген, тозған киім-кешек.*

**ЕСКІШ[1]** зат. сөйл. ***Ескек.***

**ЕСКІШ[2]** зат. сөйл. ***Ескекші.***

**ЕСКІШЕ** үст. **1.** *Өткендегідей, бұрынғыша, ескі уақыттағыша.* **2.** сөйл. *Арабша, мұсылманша.* **3.** *Жыл санаудың ескі тәртібі бойынша.*

**Ескіше қара [хат] таныды.** *Арабша, мұсылманша сауатты болды.* **Ескіше сауаты бар.** сөйл. *Арабша хат танитын, мұсылманша сауатты.*

**ЕСКІШІЛ** сын. *Ескіні қолдағыш, кертартпа. // Ескіні қолдаушы, кертартпа күш, адамдар тобы.*

**ЕСКІШІЛДЕУ** сын. *Ескіге бейімдеу, кертартпалау.*

**ЕСКІШІЛДІК** зат. *Ескішіл болушылық, ескіні қолдаушылық, кертартпалық.*

**ЕСКІШІЛЕ=** ет. *Ескішілдікке, кертарт-палыққа салыну.*

**ЕСКІШІЛІК** зат. *Ескі заман, ескіге тән әдет-ғұрып, қылық.*

**ЕСМАЛТА** сын. жерг. *Есалаң, жарымес.*

**ЕСПЕ[1]** зат. сөйл. *Ескек, ескіш.*

**ЕСПЕ[2]** зат. *Көктемгі су тасқыны кезінде арнасын бұзып, шайып кететін, ал жаз айларында құрғап немесе жеке қарасуларға бөлініп қалатын далалық белдем өңіріндегі өзен.*

**ЕСПЕ[3]** зат. жерг. *Суы таяздан шығатын құдық.*

**ЕСПЕ[4]** сын. *Ширатып, пысытылып бұрал-ған, еспелі.*

**ЕСПЕ[5]** сын. **1.** *Желпіп соққан жылы өкпек (жел).* **2.** *Ақпа, сусымалы, бос, борпылдақ (құм, қар).* **3.** *Жүрдек, екпінді, төкпе (жылқы, түйе).* **4.** *Ақпа, асқақ, шалқыған, жосыған (күй, ән, жыр).* **5.** ауыс. *Көпірме, бөспе, даңғой.*

**Еспе қайталау**. әдеб. *Алдыңғы пікірдің аяғын соңғы пікірге қатыстырып, қайталап айту.*

**ЕСПЕК[1]** зат. кәс. *Арнадағы судың аз кезінде жайылған суды жан-жағынан бөгеу арқылы арыққа жіберу әдісі.*

**ЕСПЕК[2]** сын. сөйл. ***Еспе*** *(желпіп соққан жылы өкпек).*

**ЕСПЕЛЕ=** ет. *Екпіндеу, тасқындау.*

**ЕСПЕЛЕТ=** ет. *Екпіндету, тасқындату.*

**ЕСПЕЛЕТУ** *Еспелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСПЕЛЕУ** *Еспеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСПЕЛІ[1]** сын. *Ескекпен есетін, ескекті.*

**ЕСПЕЛІ[2]** сын. *Екпінді, жүйрік.*

**ЕСПЕЛІ[3]** сын. *Сусымалы, ақпа.*

**ЕСПЕЛІ[4]** сын. *Ширатылған, есілген.*

**ЕСПЕР** зат. өс. *Көпжылдық әсем шөп.*

**ЕСПОНАЛ** зат. мед. *Ішімдікке қарсы қолданатын дәрі.*

**ЕССІЗ** сын. **1.** *Ес-түссіз, есін білмейтін, есінен танған.* **2.** *Жарымес, есерсоқ, жынды. // Ақылы кем, ақымақ адам.* **3.** ауыс. *Көзсіз, есіл-дертсіз.*

**ЕССІЗДЕН=** ет. *Есінен айырылу, есінен тану.*

**ЕССІЗДЕНУ** *Ессізден етістігінің қимыл атауы.*

**ЕССІЗДЕУ** сын. *Ақылсыздау, делқұлылау, есалаңдау, әумесерлеу.*

**ЕССІЗДІК** зат. **1.** *Ессіз болушылық, есерсоқтық, әумесерлік.* **2.** *Есін білмеушілік, мәңгүрттік.*

**ЕССІЗ-ЕЛСІЗ** сын. *Құ медиен, жапан дала.*

**ЕССІЗ-ОЙСЫЗ** сын. *Ақылсыз, жарымес.*

**ЕССІЗ-ТҮССІЗ** сын. *Есінен айырылған, мең-зең болып есеңгіреген.*

**ЕСТЕ=**ет. ескікіт. *Еске алу, ойға түсіру.*

**ЕСТЕГІ** сын. *Ойдағы, көңілдегі. // Естелік, әсер, сурет.*

**ЕСТЕК[1]** зат. сөйл. ***Башқұрт.***

**ЕСТЕК[2]** зат. жерг. ***Есек.***

**ЕСТЕК[3]** зат. өс. *Жалпақ жапырақты өсімдік.*

**ЕСТЕЛІК** зат. **1.** *Өмірдегі көрген-білгені мен ойда қалғанын еске түсіріп баяндау дағдысы, алған әсері.* **2.** әдеб. <франц. memoires> *Мемуар*

*жанрының бір түріне жататын әдеби шығарма.* **3.** сөйл. ***Ескерткіш.***

**ЕСТЕН=** ет. сөйл. *Есі кіру, оң-солын тану.*

**ЕСТЕНУ** *Естен етістігінің қимыл-атауы.*

**ЕСТЕУСІЗ** үст. сөйл. ***Елеусіз.***

**ЕСТИЯР** сын. **1.** *Ес білетін, ересек, ер жеткен.* **2.** *Бас көтерер, сақа, жұртқа сөзі өтетін.* **3.** ауыс. *Түсінік-түйсігі бар, есінде сақтай алатын, сезінетін.*

**ЕСТИЯРЛАН=** ет. *Ер жету, есею, естену.*

**ЕСТИЯРЛАНУ** *Естиярлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСТИЯРЛАУ** сын. *Ересектеу, үлкендеу, сақалау.*

**ЕСТИЯРЛЫҚ** зат. *Естияр болушылық, ер жеткендік, үлкендік.*

**ЕСТУ**[1] зат. биол. *Адам мен жан-жануарлардың дыбыс толқындарын қабылдау қабілеті.*

**Есту жүйкесі**. анат. <лат. nervus acusticus> *Ішкі құлақ пен ми орталығын байланыстыратын есту жолдағышының өткізгіш жолы.* **Есту органы**. *Адам мен жан-жануарлардың есту мүшесі.* **Есту сүйекшілері.** анат. <лат. ossicula auditus> *Ортаңғы құлақ дабылдық сүйек қуысында орналасып, бір-бірімен буын және бұлшық еттер арқылы қозғалмалы байланысқан сүйекшелер.*

**ЕСТУ**[2] *Есті етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Хабар алу, хабарды тыңдап білу.* **2.** *Тыңдау, үнді құлақпен қабылдау.*

**ЕСТУШІ** зат. *Еститін адам, тыңдаушы.*

**ЕСТУІНШЕ** үст. *Естуі бойынша.*

**ЕС-ТҰС** зат. сөйл. ***Ес-түс.***

**ЕС-ТҮС** зат. *Ақыл-парасат, ойлау жүйесі.*

**Ес-түсі жоқ**. *Ұсқыны кеткен, сұрықсыз.* **Ес-түсі кірмеді**. *Есінен танды, есін жимады.* **Ес-түсі қалмады**. *Зәресі ұшты, құты қашты, үрейленді.* **Ес-түсін білмеді.** *Есінен танды, есеңгіреді.* Кәбек сойылға жығылды. **Ес-түсінен айырды**. *Есінен тандырды, ақылынан жаңылдырды, шала-жансар қылды.* **Ес-түсінен айырылды.** *Ақылынан адасты, мәңгірді.* **Ес-түсін жинады**. *Өзіне-өзі келді, ақылы кірді.*

**ЕС-ТҮССІЗ** сын. *Есінен танған, есеңгіреген.*

**ЕСТІ** сын. **1.** *Ақылды, парасатты, саналы.* **2.** *Білімдар, ойшыл.* **3.** *Көкейге қонымды, дұрыс айтылған.*

**Есті тентек**. *Мінезі шатақ болғанмен, ақылмен іс қылатын адам.*

**ЕСТІ=** ет. **1.** *Құлаққа шалыну, үнді, дыбысты, шуды құлақпен қабылдау.* **2.** *Үнін тыңдау, сөзін ұғу.* **3.** *Хабардар болу, құлақтану, білу.*

**Естіген жерде қалды**. *Ешкім білмеді, сыртқа таралмады, қайтып айтылмады.* **Естіген құлақта жазық жоқ**. *Өз құлағымен естігендіктен, жоққа шығара алмады.* **Естімеген елде көп**. *Өмірдегі таңғалдырар нәрсе аз емес.*

**ЕСТІ-БАСТЫ** сын. *Беткеұстар, салиқалы, ел ағалары, беделді (адамдар).*

**ЕСТІГЕН-БІЛГЕН** сын. *Басқалардың айтқанынан ұққаны бар, құлағдар болғандары.*

**ЕСТІГЕН-ТҮЙГЕН** сын. *Естіп-білген, ұққан.*

**ЕСТІГІШ** сын. *Жақсы еститін, саққұлақ.*

**ЕСТІГІШТІК** зат. *Естігіш болушылық, саққұлақтық.*

**ЕСТІЛ=** ет. *Құлаққа шалыну, үні тыңдалу.*

**ЕСТІЛЕР-ЕСТІЛМЕС** үст. *Еміс-еміс естілетін, сәл ғана естілетін.*

**ЕСТІЛЕУ** сын. *Естірек, ақылдылау.*

**ЕСТІЛУ** *Естіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСТІЛУЛІ** сын. *Естіліп тұрған, естілген.*

**ЕСТІЛІК** зат. *Ақылдылық, саналылық, парасаттылық.*

**Естілік көрсетті**. *Ақылдылық танытты, ақыл-парасатын көрсетті.*

**ЕСТІЛІМ** зат. лингв. <грек. akustikos> *Айтқандағы сөз дыбыстарының естілу бойынша, дыбыс толқыны ретіндегі физикалық жағы.*

**ЕСТІМПАЗ** сын. *Тез еститін, естіткіш.*

**ЕСТІМШІ** сын. жерг. *Естіген, белгілі.*

**ЕСТІМІШ** сын. *Естігені көп, көп нәрсені білетін, кәріқұлақ.*

**ЕСТІП-БІЛ=** ет. *Құлағдар болу, хабардар болу.*

**ЕСТІП-БІЛУ** *Естіп-біл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСТІП-ЕСКЕР=** ет. *Басқалардың айтқанын елеусіз қалдырмау.*

**ЕСТІП-ЕСІТПЕ=** ет. *Тыңдап-тыңдамау, біліп-білмеу.*

**ЕСТІП-ТҮЙ=** ет. *Хабардар болып, ой топшылау.*

**ЕСТІР**[1]**=** ет. *Білдіру, хабарлау, дауыстап айту.*

**Естір құлаққа ұят.** *Айтуға ұят қылық, іс.*

**ЕСТІР**[2]**=** ет. *Жел тұрғызу, желпіндіру.*

**ЕСТІР**[3]**=** ет. *Қайықты ескекпен жүргіздіру.*

**ЕСТІР**[4]**=** ет. *Арқан, жіп жасау үшін жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрату.*

**ЕСТІРЕК** сын. *Ақылдырақ, саналырақ.*

**ЕСТІРЛІКТЕЙ** сын. *Ести алатындай, естуге болатындай.*

**ЕСТІРТ=** ет. **1.** *Құлаққа шалындыру, үнін аңғарту.* **2.** этн. *Кісінің өлімі жайлы туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау, айту.*

**ЕСТІРТЕРЛІК** сын. *Естуіне керекті, естуге жарарлық.*

**ЕСТІРТУ** *Естірт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дауыстау, дауысын еститіндей етіп шығару, құлаққа шалындыру, үнін аңғарту.* **2.** этн. *Қайғылы қазаны туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау.*

**ЕСТІРУ** *Естір етістігінің қимыл атауы; жүнді, ноқтаны т.б. ширату, пысыта бұрату.*

**ЕСУ**[1] *Ес (1) етістігінің қимыл атауы; жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрату.*

**ЕСУ**[2] *Ес (2) етістігінің қимыл атауы; қайықты ескекпен жүргізу.*

**ЕСУ**[3] *Ес (3) етістігінің қимыл атауы; жел тұру, желпіну.*

**ЕСУАН** сын. сөйл. жерг. ***Есалаң.***

**ЕСУАС** сын. *Кіресілі-шығасылы есі бар, жарымес, әңгі. // Кіресілі-шығасылы есі бар, жарымес адам.*

**ЕСУАСТАЙ** сын. *Есуас адам сияқты, есуас тәрізді.*

**ЕСУАСТАН=** ет. *Ақымақтану, есерсоқтану, жарыместену.*

**ЕСУАСТАНДЫР=** ет. *Ақымақтандыру, жарыместендіру, есерсоқтандыру.*

**ЕСУАСТАНДЫРУ** *Есуастандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСУАСТАНУ** *Есуастан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСУАСТАУ** сын. *Жарыместеу, есерсоқтау, кещелеу.*

**ЕСУАСТЫҚ** зат. *Есуас болушылық, жарыместік, ессіздік, есерсоқтық.*

**ЕСУЛІ** сын. *Есілген, есіліп қойылған.*

**Есулі қос өткізгіш**. физ. <ағыл. twisted pair> *Бірге ширатылып, екі айырылған өткізгіш, жергілікті желілерде пайдаланылатын есілген қос сым түріндегі байланыс кабелінің жалпы атауы.*

**ЕСІ-ДЕРТІ** зат. сөйл. ***Есіл-дерті.***

**Есі-дерті [есіл-дерті] ауды**. *Ынтасымен берілді, көңіл қойды.*

**ЕСІЗ** сын. сөйл. **1.** *Иесі жоқ, иесіз.* **2.** *Ел қоныстамаған, құлазыған.*

**ЕСІЗДІК** зат. сөйл. *Иесіздік, елсіздік.*

**ЕСІК** зат. *Үй мен бөлменің т.б. ашып-жауып, кіріп-шығатын орны.*

**Есігі ашусыз қалды**. *Үйелменімен қырылды, үй-ішінен тірі жан қалмады.* **Есігі ашық**. а) *Пейілі кең, дастарқаны жаюлы.* ә) *Рұқсат, қайда барсаң да жол бос.* **Есігі құрғаудан қалды.** *Үйінен қонақ арылмады.* **Есігін ашпады.** *Бармады, хабарласпады, қатыспады.* **Есігінде қалды.** *Қамқоршы, жанашыры болмай, біреудің тәрбиесінде болды.* **Есігіне енді.** *Араласты, жақын тартты.* **Есігінен қарамады.** *Бармады, араласпады, қатыспады.* **Есігінен қаратпады.** *Үйіне кіргізбеді, қатыспады, жолатпады.* **Есігінен қарауға жарамады.** *Беттей алмады, жақындауға дәті шыдамады; хал-жай сұрамады, хабар алмады.* **Есігінен шықпады.** *Жалданды, малай болды.* **Есігін ойран қылды**. *Үйінің астан-кестеңін шығарып, талқандады.* **Есігін тоздырды**. *Қайта-қайта келе берді, ығыр қылды, мазалады.* **Есігінің алдына келтірді.** *Дегенін істетті, бас идірді.* **Есігі ойран, төрі талқан.** *Тас талқаны шыққан, ойран-топыр болған.* **Есігі тарлық**. *Пейілі тарлық, сараңдық.* **Есік аштырды**. этн. *Күйеу қайын жұртына ұрын бару кезінде жеңгелері кәдесін алды.* **Есік ашық**. а) *Келем деген кісіге қарсылық жоқ, үнемі қуана қарсы аламыз деген мағынада.* ә) ресми. *Мәдени (концерт, кеш т.с.с.), қоғамдық (семинар, дәріс т.с.с.), жиын, іс-шаралардың ақысыз, шақырусыз өтетінін хабарлауда қолданылады.* **Есік ашылды**. *Жолы болды, керегі алдынан шықты.* **Есік баққыш.** сөйл. *Мейрамхана, қонақүй кіреберісінде есікті ашып-жауып тұратын адам.* **Есік жақ.** *Үй ішінің төрге қарама-қарсы тұсы, орны.* **Есік көзі.** *Есіктің алды, табалдырықтың қасы, босаға.* **Есік көрген.** *Бұрын күйеуге тиген, тұрмыста болған.* **Есік көрсету.** этн. *Жаңа түскен келінді күйеу жігіттің туған-туысқандары мен дос-жарандарының қонаққа шақыру рәсімі.* **Есік қақты**. а) *Кіруге рұқсат етуін сұрады.* ә) *Қаңғыбас, кезбе.* **Есік пен төрдей.** а) *Аралық өлшемі, анадай жерде, біраз қашықтықта.* ә) *Өте жақын, аз-ақ, азғана.* б) *Денелі, үлкен, зор.* **Есіктегі басын төрге сүйреді.** *Сый-құрмет көрсетіп, беделін арттырды.* **Есіктегі басың төрге жетпесін!** қарғ. *Елеусіз күйіңде, қаріп күйіңде, қадірсіз күйіңде қал деген мағынада.* **Есіктегі басы төрге жетті.** *Елеусіз кісінің беделі артты, мерейі көтерілді, құрметке ие болды.* **Есіктегі малайымсың.** экспр. жағымсыз. *Өз еркің, дауысың жоқ, менің меншігімдегі адамсың деген мағынада.* **Есікте жүрді.** *Біреуге жалданып жұмыс істеді, біреудің босағасында қызмет етті.* **Есіктен шықса тесіктен, тесіктен кетсе есіктен келді.** *Мұнан кіріп, одан шыққан сужұқпас қу, айлакер.* **Есікте өлтірді.** көне. *Жалшылықта, қорлықта ұстады, өмір бойы жалшы етті.* **Есікті тарс жапты.** *Қатты жапты, бекітті.*

**ЕСІКАШАР** зат. этн. *Күйеудің қайын жұртына алғаш рет бару кәдесі.*

**ЕСІК-ЕСІК**: **есік-есік болды.** жерг. *Алды-алдына бытырап бөлінді.*

**ЕСІКПЕ-ЕСІК** үст. *Есіктері қарама-қарсы, үйлері жақын.*

**ЕСІКСІЗ** сын. *Есігі жоқ.*

**ЕСІКТЕЙ** сын. *Даладай үлкен, кең.*

**ЕСІК-ТЕРЕЗЕ** зат. *Үйдің есігі мен терезесі.*

**ЕСІК-ТЕРЕЗЕСІЗ** сын. *Есік-терезесі салынбаған, есік-терезесі жоқ.*

**ЕСІКТЕС** сын. *Есіктері қатар тұрған, есікпе-есік, ең жақын көршілес.*

**ЕСІК-ТЕСІК** зат. **1.** *Саңылау біткен, барлық ашық жер.* **2.** ауыс. *Үй, ғимарат, барар жер.*

**ЕСІК-ТӨР** зат. *Отырған үйі, мекенжайы.*

**ЕСІКТІ** сын. *Есігі бар, есік салынған.*

**ЕСІКШЕ** зат. *Кішкене есік; қақпа.*

**ЕСІКШІ**[1] зат. *Есік жасаушы.*

**ЕСІКШІ**[2] зат. **1.** көне. *Хан, сұлтан ордаларындағы, сарайларындағы есік, қақпа алдында тұратын күзетші, сақшы.* **2.** *Есік алдында отыратын күзетші, швейцар.*

**ЕСІЛ**[1]**=** ет. **1.** *Боратылу.* **2.** *Жосылу.* **3.** *Ұшу, желдің әсерінен қайырылу.* **4.** ауыс. *Бөсу, мақтанға берілу.*

**ЕСІЛ**[2]**=** ет. *Арқан, жіптің ширатылып жасалуы.*

**ЕСІЛ** од. *«Қайран, шіркін!» сөздерінің мәнінде айтылып, көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.*

**Есіл басым.** *Қайран басым.* **Есіл дүние [өмір].** а) *Қимас өмір.*ә) *Қайран мүлік, жиған-терген.* **Есіл ел.** *Қайран жұрт, қасиетті ел, ел-жұрт.* **Есіл еңбек.** *Қайран еңбек.* **Есіл ер**. *Қайран азамат.* **Есіл мал**. *Ит-құсқа, өзгеге қимас мал, қайран мал.*

**ЕСІЛ-ДЕРТІ** зат. *Бар ынта-жігері, бүкіл ой-мақсаты.*

**ЕСІЛДІР=** ет. *Гулету, көсілту, желпіндіру, бөстіру.*

**ЕСІЛДІРУ** *Есілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІЛЕ-ЕСІЛЕ** үст. *Есілген үстіне есіле.*

**ЕСІЛТ=** ет. **1.** *Жел соқтыру, бораттыру.* **2.** *Үсті-үстіне бастырмалата түсу.* **3.** ауыс. *Көсілту.*

**ЕСІЛУ** *Есіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІЛІҢКІРЕ=** ет. *Есіле түсу.*

**ЕСІМ** зат. *Адамға туылған кезінде қойылған ат. // Құрметті атау.*

**Ер есімі**. *Еліне қыруар еңбегі сіңген немесе ерлігімен көзге түскен, ел-жұрты құрмет тұтар ардагер есімі.* **Есім ағзам.** *Ұлы есім; Алла Тағаланың 99 есімін түгел атап, өз қалауын тілейтін дұға.* **Есім шариф.** *Маңызды, құрметті, қадірлі, ұлық есім.*

**ЕСІМДЕЙ** сын. *Есім тәрізді.*

**ЕСІМДЕР** зат. лингв. *Адамның, заттың, құбылыстың атауын, түр-түсін, санын және басқа сипатын білдіретін атау сөздер.*

**ЕСІМДЕС** сын. **1.** *Есімдері бірдей, аттас.* **2.** *Есімді, есім тәрізді.*

**ЕСІМДІ** сын. *Деп аталатын, есімі сондай, атты.*

**Есімді сөз тіркесі**. лингв. *Басыңқы сыңары есім сөз болып келетін сөз тіркесі.*

**ЕСІМДІК** зат. лингв. *Зат есім, сын есім, сан есім сөздердің орнына қолданылып, соларды меңзей айтылатын сөз табы.*

**ЕСІМҚОСУ** зат. ойын. *Көңіл көтеру отырысында әркімге ат қойып шығатын ойын түрі.*

**ЕСІМНАМА** зат. *Ғылыми еңбек пен журналдың, көрсеткіштердің соңында берілетін, жеке адамның өмірі, қызметі туралы жазылған мақалалар, хабарлама және басқа да мәліметтер (персоналии).*

**ЕСІМСІЗ** сын. *Атсыз, атаусыз, атын атамаған, түстемеген, есімі жоқ.*

**ЕСІМШЕ** зат. лингв. *Бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқарып, есімдерше түрленетін етістіктің негізгі бір грамматикалық категориясы.*

**ЕСІМШЕЛІ** сын. лингв. *Есімше араласқан, есімше формалы.*

**ЕСІН** зат. биол. <лат. fauces> *Ауыз қуысының жұтқыншаққа өтетін тесігі.*

**ЕСІНЕ=** ет. **1.** *Шаршағанда не ұйқы келгенде, ұйқысын аша алмағанда ауызды кең ашып, еріксіз тыныс алу, ішке тартылған ауаны бірден серпіп шығару.* **2.** *Істейтін іс жоқтықтан ерігу, ұйқысырау, жалқаулану.*

**ЕСІНЕК** зат. өс. <лат. antirrhinum> *Құмда, шөлді жерде, бау-бақшада өсетін, биіктігі 30-70 см-дей, түсі қошқыл, қызғылт гүлді өсімдік; арыстанауыз.*

**ЕСІНЕҢКІРЕ=** ет. *Есіней түсу, аздап есінеу.*

**ЕСІНЕҢКІРЕУ** *Есінеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕП-ҚҰСЫНА=** ет. **1.** *Есінеген үстіне есіней беру, қайта-қайта есінеу.* **2.** ауыс. *Манаурау, тыныштықта болу.*

**ЕСІНЕП-ҚҰСЫНАУ** *Есінеп-құсына етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕП-МАНАУРА=** ет. *Есінеп, қалғып-мүлгу.*

**ЕСІНЕП-МАНАУРАУ** *Есінеп-манаура етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕП-ПЫСЫНА=** ет. *Қапырықта ыстықтап, есіней беру.*

**ЕСІНЕП-ПЫСЫНАУ** *Есінеп-пысына етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕС=** ет. *Бәрі бірдей есінеу.*

**ЕСІНЕСУ** *Есінес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕТ=** ет. **1.** *Есінеуге мәжбүр ету, есінеуге ықпал ету.* **2.** ауыс. *Күш-қуатты алу, әлсіздендіру.*

**ЕСІНЕТУ** *Есінет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕУ** *Есіне етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІНЕУІК** сын. *Жиі есінейтін, есіней беретін.*

**ЕСІҢКІРЕ=** ет. *Бөсіңкіреу.*

**ЕСІҢКІРЕУ** *Есіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІП-ЕСІП** үст. *Әлденеше рет жөпелдеме есіп жіберу.*

**ЕСІП-ТАСУ** *Есіп-тасы етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІП-ТАСЫ=** ет. *Көңілі шалқу, масайрау, масаттану.*

**ЕСІР** сын. *Тентек, есірік, қияңқы.*

**ЕСІР=** ет. **1.** *Екілену, қызбалану, есіреңдеу.* **2.** *Асып-тасу, асқақтау, дандайсу.* **3.** *Есерсоқтану, жындану, құтыру.* **4.** *Елту, есеңгіреу, мас болу.* **5.** ауыс. *Күшею, ес жидырмау.*

**ЕСІРЕЙ** зат. сөйл. ***Есірік.***

**ЕСІРЕК** сын. сөйл. ***Есірік.*** *// Есірік кісі.*

**ЕСІРЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Есіріктен.***

**ЕСІРЕКТЕН=** ет. *Есуастану, ақымақтану.*

**ЕСІРЕКТЕНУ** *Есіректен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРЕКТЕТ=** ет. *Есуастандыру, ақымақтандыру.*

**ЕСІРЕКТЕТУ** *Есіректет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРЕКТЕУ**[1] сын. сөйл. ***Есіріктеу.***

**ЕСІРЕКТЕУ**[2] *Есіректе етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРЕҢДЕ=** ет. *Әкіреңдеу, есерсоқтану, құтырыну.*

**ЕСІРКЕ=** ет. *Жаны ашу, мүсіркеу, аяу.*

**ЕСІРКЕГЕНДЕЙ** үст. *Есіркеген сияқтанып, есіркеген болып.*

**ЕСІРКЕГЕНДІК** зат. *Жаны ашығандық, мүсіркегендік, аягандық.*

**ЕСІРКЕГЕНСУ** *Есіркегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРКЕГЕНСІ=** ет. *Жаны ашып аяғансу, мүсіркеген болу.*

**ЕСІРКЕГІШ** сын. *Аягыш, жаны ашығыш.*

**ЕСІРКЕГІШТІК** сын. *Есіркегіш болушылық, жаны ашығыштық.*

**ЕСІРКЕП-МҮСІРКЕ=** ет. *Жаны ашу, қамқорлық жасау.*

**ЕСІРКЕП-МҮСІРКЕУ** *Есіркеп-мүсірке етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРКЕП-МҮСІРКЕУШІЛІК** зат. *Жаны ашушылық, аяушылық, есіркеушілік.*

**ЕСІРКЕС=** ет. *Жандары ашысу, мүсіркесу.*

**ЕСІРКЕСУ** *Есіркес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРКЕТ=** ет. *Жанын аштырту, мүсіркету.*

**ЕСІРКЕТУ** *Есіркет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРКЕУ** *Есірке етістігінің қимыл атауы; аяу.*

**ЕСІРКЕУШІ** зат. **1.** *Аяушы, мүсіркеуші, жаны ашушы, қамқоршы.* **2.** ауыс. *Тілекші.* **3.** ауыс. *Жұбаныш.*

**ЕСІРКЕУШІЛІК** зат. *Аяушылық.*

**ЕСІРЛЕН=** ет. сөйл. *Екілену, қызбалану.*

**ЕСІРЛЕНУ** *Есірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРЛІК** зат. *Есерсоқтық, тентектік, қияңқылық.*

**ЕСІРТ=** ет. *Екілендіру, қызбаландыру, есерсоқтандыру, жындандыру.*

**ЕСІРТКІ** зат. <грек. narkotikos> *Адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, нашақорлыққа шалдықтыратын көкнар, наша.*

**Есірткі дақылы.** бот. *Құрамында орталық жүйке жүйесіне әсер ететін қоздырғыш заттары бар өсімдік.*

**ЕСІРТКІШ** сын. *Тез есірт етін, еліттіргіш, зиянды, алкогольдік.*

**ЕСІРТПЕ: есіртпе үйбидайық.** өс. *Үйбидайықтың арамшөп ретіндегі түрі.*

**ЕСІРТУ** *Есірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРУ** *Есір етістігінің қимыл атауы.* Шығыс елінің осы бір наша тартып *е с і р у і*, оны

**ЕСІРІК**[1] зат. *Жан-жануарларды жындандырып, құтыртатын ауру.*

**Есірік тиген [тигендей].** *Есірікпен ауырған.*

**ЕСІРІК**[2] зат. саят. *Қолға жаңа түскен түз құстарын баулып үйреткенде оларды қайырып шақыру үшін түлкінің, қоянның терілерінен кептеп дайындалатын зат.*

**Есірік бастырды**. саят. *Қаршығаны баулыды.*

**ЕСІРІК**[3] сын. **1.** *Есерсоқ, есуас, ақымақ.* **2.** *Дандайсыған, асып-тасқан, асқақтаған. // Ақылға көнбейтін, қызба, өз білермендігімен жүретін адам.* **3.** *Құтырынған, жынданған, лепірген.* **4.** *Есінен адасқан, шалықтаған, есеңгіреген, мәңгіреген. //* мед. *Есіріктік.* **5.** ауыс. *Алай-дүлей, есіре соққан.*

**ЕСІРІКТЕН=** ет. **1.** *Есуастану, есіру, ессізденy, құтырыну.* **2.** ауыс. *Үйтқу, өршелену.*

**ЕСІРІКТЕНДІР=** ет. *Есуастандыру, ессіздендіру, есірту.*

**ЕСІРІКТЕНДІРУ** *Есіріктендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРІКТЕНУ** *Есіріктен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІРІКТЕУ** сын. **1.** *Есерсоқтау, есуастау.* **2.** ауыс. *Жастау, өмірден көрген-білгені аздау, тәжірибесіздеу.*

**ЕСІРІКТІК** зат. **1.** *Есерсоқтық, есуастық, жындысурейлік.* **2.** мед. *Невроз тобына жататын ауру.*

**ЕСІРІН=** ет. *Екілену, есерсоқтану, құтырыну.*

**ЕСІРІҢКІ** с ы н . *Есіріктеу, есерсоқтау, есуастау.*

**ЕСІРІҢКІРЕ=** е т . *Есерлену, қызулану.*

**ЕСІРІҢКІРЕУ** *Есіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІС[1]=** е т . *Жүнді, мақтаны ширатысу, пысытып бұрасу.*

**ЕСІС[2]=** е т . *Есу.*

**ЕСІС[3]=** е т . *Қайықты жүргізу үшін ескекпен бірнеше адам есу, ескекті әрі-бері қозғалысқа келтірісу.*

**ЕСІСУ[1]** *Есіс (1) етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІСУ[2]** *Есіс (2) етістігінің қимыл атауы.*

**ЕСІТ=** е т . **1.** *Құлаққа шалыну, есту.* **2.** *Іс-әрекеттің басы-қасында болып, өз құлағымен тыңдау.* **3.** *Хабардар болу, сұрастырып білу.*

**ЕСІТКЕНДЕЙ** с ы н . *Естіген сияқты.*

**ЕСІТКІШ** с ы н . *Тезести қоятын, құлақтанғыш.*

**ЕСІТТІР=** е т . **1.** *Өзі айтпай біреу арқылы айту, құлаққағыс ету.* **2.** *Тыңдаттыру, құлағын салғызу.* **3.** э т н . ***Естір.***

**ЕСІТТІРУ** *Есіттір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біреу арқылы хабарлау, құлаққағыс ету.* **2.** э т н . ***Естірту.***

**ЕСІТУ** *Есіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** п с и х . ***Есту.*** **2.** *Хабардар болу.* **3.** *Тыңдау, өз құлағымен есту.*

**ЕСІ-ТҮСІ** з а т . *Ақыл-есі, ақыл-ойы.*

**ЕСІТІЛ=** е т . **1.** *Құлаққа шалыну, естілу.* **2.** *Есту.*

**ЕСІТІЛУ** *Есітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТ** з а т . **1.** а н а т . *Адам мен жан-жануарлардың терісі мен сүйегінің арасын жалғастырып тұрған бөлігі, мүшесі.* **2.** *Сойылған мал мен аң атаулының тамақ үшін бөлшектелген мүшесі, құнды тағамдық өнім.* **3.** ***Бесбармақ*** *(қазақтың кәделі тағамы).* **4.** а у ы с . *Адамның денесі, тұла бойы.*

**Ет алды.** *Семірді, қоңданды.* **Ет арсалау.** э т н . *Соғым етін сүрлеу, кептіру тәсілі арқылы сақтау.* **Ет асату.** э т н . *Дәстүрлі қазақ қоғамында дастарқандағы ет желініп болған соң, қонақтардың үлкенінің бас табақтан жасы кішілерге өз қолынан ет жегізу рәсімі.* **Ет асты.** э т н . *Қазанға ет салып, пісірді.* **Ет ауыртпады.** *Жанын қинамады.* **Ет ашумен.** *Біреудің жанға батар қылығына күйініп, табанда ашуға беріліп.* **Ет баласында.** *Жалпы етті айтқанда, алып қарағанда.* **Ет бауыр [жақын, туыс].** *Ең жақын ағайын, бірге туған туыс.* **Ет бауыры елжіреді.** *Аяды, есіркеді, жаны ашыды.* **Ет бұзды.** *Етті жіліктеп бөлшектеді, мүшеледі.* **Ет бітті.** *Қоңданды, толысты.* **Ет бітірді.** *Семіртті, ет алдырды, оңалдырды.* **Ет дегенде.** *Етті көргенде, дайын, піскен етті жеу керек болғанда деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Ет етке, сорпа бетке.** *Ет жеу де, сорпа ішу де керек.* **Ет жаны.** *Бауыздалған малдың соңғы тұяқ серпуі.* **Ет жасау.** э т н . *Қазаннан түсірілген етті мүшелеп, табаққа бөліп салу.* **Ет желін.** *Сүті аз шығатын малдың желіні.* **Ет жемесе де, сорпа ішкендей болды.** а) *Қара терге түсті.* ә) *Әбден ұялып, қысылды.* **Ет жеу.** э т н . *Тартылған етті дастарқан басында қабылдау үрдісі.* **Ет жүрегі езілді.** *Іші күйді, уайымдады.* **Ет жүрегі [бауыры] елжіреді.** а) *Мейірі түсті, еміренді, іші жылыды.* ә) *Егілді, езілді, көңілі босады.* **Ет жүрек.** а) *Рухани, жан дүние.* ә) *Қорқақ, жүрексіз.* **Етке өткізді [тапсырды].** *Малды сойып, етін сатуға жіберетін мекемеге апарды.* **Етке шықпады.** *Шыр бітпеді, етеймеді, толыспады, семірмеді.* **Ет клеткасы.** б и о л . <грек. mys – ет, kytos – жасуша>. *Ішкі мүшелер, қан және лимфа тамырлары қабырғаларындағы етті қабықтар мен қабаттарды құрайтын, пішіні ұршық тәрізді ұзынша келген клетка.* **Ет комбинаты.** *Малды ветеринарлық тексеруден өткізіп, сойып, сатуға, өткізуге дайындайтын комбинат.* **Ет қаптау.** э т н . *Ет арсада кеуіп, қатып, сүрленген соң асуға бейімдеп, бір асым ет мөлшерінде жілік, арқа белдеме, қабырғасы мен сыбағалы жіліктерді өзіне тән қосымшаларымен бірге ыңғайлап, шаң-тозаң баспас үшін қапқа салу.* **Ет қызу [қызуымен].** а) *Апатқа ұшыраған адамның қатты жараланып немесе басқа да қиын жағдайға ұшырап қалғанын дер кезінде сезбей қалуы.* ә) *Алғашқы қарқын.* **Ет мүшелері.** *Сойылып, жілік-жілігімен бөлшектенген мал етінің қазақша атауы.* **Ет мүшелеу.** э т н . *Сойылған малдың етін сақтауға және тамаққа пайдалануға байланысты жілік-жілігімен бөлшектеу.* **Ет наны.** э т н . ж е р г . *Асылған еттің сорпасына пісіріліп, етпен бірге тартылатын жайылған қамыр.* **Ет өнімдері.** т а м а қ . *Өндірісте еттен дайындалған шұжықтар, тұзды-ысталған өнімдер және консервілер.* **Етпен қайнап, сүйекке сіңген.** *Әбден дағдылы болған, әдетке айналған, үйреніскен.* **Ет сақтау.** э т н . *Соғым сою, кептіру, ыстау, пысылай сақтау арқылы етті азық қоры ретінде белгілі мерзімге лайықтап, дайындау.* **Ет тағамдары.** э т н . *Азыққа тұтынуға жарамды саналатын мал, аң етінің тағамға жаратылатын бөліктерінен әзірленген ас.* **Ет тарту.** э т н . *Кәделі мүшелерді табақтарға бөліп тарату.* **Еттен айырылды [арыды].** *Арықтады, жүдеді.* **Еттен өтіп, сүйекке жетті.** а) *Жанға қатты батты.* ә) *Шыдамы кетті, төзбестік халге ұшырады, шектен шықты.* **Етті қарындады.** *Тазаланған қарынның түк жағын сыртына қаратып аударып, етті жілік-жілігімен қоспасын қосып, ішіне ауа қалдырмай нығыздап салды.* **Етті мүшеледі.** э т н . *Сойылған малдың етін жілік-жілігімен бөлшектеді.* **Еттің жылы-жұмсағы.** *Еттің ең таңдаулы, сүбелі, сүйсініп жейтін бөлігі.* **Ет ұршығы.** б и о л . <лат. fusus –ұршық, muscularis – ет> *Жіңішке және қысқа көлденең жолақты ет талшықтарынан (10-12) құралған құрылым.* **Ет үй.** э т н . *Кірпіштен, ағаш, тастан қарапайым қаланатын, шошала түрінде де қолданылатын ет сақтайтын арнайы үй.* **Ет хошан.** т а м а қ . *Қойдың құйрығы, қамыр, өсімдік майын қосып, қарынға салып, пешке пісіретін тамақ.* **Ет ыстау.** э т н . *Ұзақ сақталу үшін әрі дәмін кіргізу мақсатымен етті түтінге ыстау үрдісі.* **Еті ауыр.** а) *Семіз, толық денелі, зор жаратылған.* ә) *Жайбасар, қозғалуы қиын.* **Еті ауырды.** *Денесі ауырып, жаны қиналды.* **Еті ауырмады.** а) *Жақын адамның ұрысқанын елемеді.* ә) *Жаны қиналмады.* б) *Жаны ашымады.* **Еті қашқан.** *Тарамыс, салалы, жүдеу.* **Еті қашты.** *Арықтады, жүдеді, таралды.* **Еті қызды.** а) *Шабытына келді, екпінделі, қарқындады.* ә) *Ауыздықпен алысты, шабытына келді, шабысын үдетті.* **Еті мол.** с ө й л . *Пісірілген тамақтың ішіне етті көп қосқан.* **Етінен ет кесіп берді.** *Еш нәрсесін аямады.* **Етінен ет кессең де мыңқ [былқ] етпейтін.** а) *Өте шыдамды, мінезі аса салмақты.* ә) *Без бүйрек.* **Етінен ет кесіп берсе де.** *Жанын қаншама қинап, азаптанғанына қарамастан.* **Етін сыртына тепті.** *Ыза кернеп, терісіне сыймады, түгі сыртына шықты.* **Еті ояз.** *Арық, еті таралған.* **Еті өлді.** *Әбден үйреніп көндікті, үйреншікті болды, мойын ұсынды.* **Еті сырбаз.** *Жас малдың дәмді еті.* **Еті сіздікі, сүйегі біздікі.** э т н . *Жас баланы оқуға берерде ата-анасы тарапынан айтылатын, тәрбиелеуге ризашылықтарын білдіретін сөз.* **Еті тірі.** *Қолынан әр нәрсе келетін, ширақ, епті, пысық.* **Еті тірілді.** *Пысыды, ширақ тартты.* **Еті тітіркенді.** *Жиркенді.* **Еті үйренді.** *Әдетке айналып, көндікті, үйреніп кетті.*

**ЕТ=** е т . **1.** *Істеу, қылу, жасау.* **2.** *Еліктеуіш сөздердің жетегінде қолданылып, мағына үстейтін көмекші етістік.*

**ЕТАСЫМ: етасым уақыт.** э т н . *Асқан ет пісетіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем.*

**ЕТБАЛҒА** з а т . *Қаракесек етті ұруға арналған асүйлік балға.*

**ЕТБАЛТА** з а т . *Еттің ірі сүйектерін шабуға арналған асүйлік кішкене балта.*

**ЕТБЕТТЕ=** е т . с ө й л . ***Етпетте.***

**ЕТБЕТІНЕН** ү с т . с ө й л . ***Етпетінен.***

**Етбетінен түсті.** *Бетін жерге қарата сұлап түсті, сұлап жатты.*

**ЕТБИДАЙ** з а т . к ә с . *Бидайдың дәні қата бастаған кезі.*

**ЕТЕЙ=** е т . *Ет алу, қоңаю, толу, семіру.*

**ЕТЕЙТ=** е т . *Ет алдырту, қоңдандыру, семірту.*

**ЕТЕЙТУ** *Етейт етістігінің қимыл атауы; семірту.*

**ЕТЕК** з а т . **1.** *Киімнің төменгі жақ шеті.* **2.** *Тау, өзеннің төменгі жағы.* **3.** а у ы с . *Төрге қарама-қарсы жақ, төмендеу жер.*

**Етегі ашылды.** а) *Абұйыры көрінді.* ә) *Күлкі болды, ұятқа қалды.* **Етегі елпі, жеңі желпі.** а) *Қауіп-қатерді ойламайтын, бейғам.* ә) *Жеңіл-желпі киінген.* б) *Барын салатын, жаны қалмайтын (адам).* **Етегі жасқа толды.** *Қорлық көрді, зар еңіреді.* **Етегі кірлі болды.** *Бала көтерді, екіқабат болды.* **Етегі қанамады.** *Бала көтермеді, перзенті болмады.* **Етегін ашпаған.** *Күйеуінің көзіне шөп салмаған, ешкіммен көңілдес болмаған.* **Етегін [көтін] ашып күлді.** қ а р а п . *Масқара қылды, мазақ етіп күлді.* **Етегін басты.** *Асып-састы, абдырап қалды, шөгіп отырып қалды.* **Етегіне басын салды.** *Құзырына бас ұрды, жалынды.* **Етегіне жармасты.** а) *Біреумен лажсыз көңіл қосты, еріксіз тұрмысқа шықты.* ә) *Жабысып қалмады, айырылмады.* б) *Аяқтан алды, қастық істеді, қатер төнді.* **Етегінен айырылмады.** *Соңынан қалмады, жабысып алды.* **Етегінен алды.** *Кедергі келтірді, алға бастырмады.* **Етегіне намаз оқыған.** *Ешкіммен бөтен жүрісі болмаған, күнәсыз, пәк.* **Етегіне намаз оқып жүр ме еді?** *Күнәсіз таза жүр деп пе едің деген мағынада.* **Етегінен басты [тартты].** *Кейін тартпақтап, кедергі жасап отырды.* **Етегінен қағынған.** *Жеңіл мінезді, бұзық жолға түскен.* **Етегінен тартты.** *Кесір жасады, жолын бөгеп, қиянат етті.* **Етегінен ұстады.** а) *Соңынан ілесті, артынан қалмады.* ә) *Қол ұстасып қосылуға бел байлады, тұрмысқа шықты, күйеуге тиді.* **Етегінен ұшынды.** *Жігіт-желеңдікке беріліп, жеңіл жүріспен әуейіленді.* **Етегіне оралды.** *Жабысып алып, соңынан қалмады.* **Етегіне от тигендей.** *Қатты қорықты, шошыды.* **Етегіне сәжда қылды.** к е к е с і н . *Ақпейіл болғансып, еш күнәлы болмағансып жүрген суық жүрісті, арам қылықты кісі туралы айтылады.* **Етегіне сүрініп жатты.** *Шаруа басып, қолы босамады.* **Етегін желпінбеді.** *Ар-ұятын ойлады, ақылға келді.* **Етегін көрді.** *Жақындасты, көңілдес болды, ашына болды.* **Етегін төсек, жеңін жастық қылды.** *Қар төсеніп, мұз жастанды, қиын-қыстауды бастан өткерді, жанын аямады.* **Етегінің желі бар.** *Жеңіл мінезді, жеңіл жүрісті.* **Етегі сынып жүр.** *Әйел адамның етеккірі келіп жүр.* **Етегі таза.** *Бұзық жүрісі жоқ, күнәдан пәк, адал.* **Етек алды.** ж а ғ ы м с ы з . *Кең тарады, жайылды.* **Етек аралас.**

*Екіқабат болған, аяғы ауыр болып қалған.* **Етек жайды**. а) *Кеңінен тарады, өріс алды.* ә) *Тіленді, сұрады.* **Етек жапты**. а) *Өзіне-өзі келіп, ес жиды.* б) *Ұятқа қалдырмады, бір сыннан құтқарды, абырой әкелді.* **Етек жимады**. *Елең құрлы көрмеді, жасқанбады.* **Етекке жабысты.** *Жалынып-жалпайды, жалынышты болды.* **Етектегі қырға шықты.** бейн. *Еш нәрсесі жоқ адам мақсатына қол жеткізді, беделін өсірді, биіктерден көрінді.* **Етектен алды.** *Кедергі жасады, бөгет болды, шалғайдан тартты, ілгері бастырмады.*

**ЕТЕКБАСТЫ** зат. *Кедергі, бөгет, қарсы әрекет, қиянат.*

**Етекбасты болды**. ә) *Көп балалы, жанұялы болды.* ә) *Үй шаруасынан қолы тимеді, уақыты жетпеді.* б) *Алысқа бармады, үйден шықпады.* **Етекбасты қылды [көрді].** *Жұрт кедергісін, тартпағын көрді.*

**ЕТЕКБАСТЫЛЫҚ** зат. *Етекбасты болушылық.*

**ЕТЕКБАУ** зат. қолөнер. *Туырлық етегіне тағылған жіңішке бау.*

**ЕТЕК-ЕТЕК** сын. *Өте, көп, мол.*

**ЕТЕК-ЖАҒА** зат. сөйл. ***Етек-жең.***

**ЕТЕКЖАЙЛЫҚ** зат. жерг. *Жеңіл жүріс, жеңсікқойлық.*

**ЕТЕК-ЖЕҢ** зат. **1.** *Киімнің етегі мен жеңі.* **2.** *Киген киімі, үсті-басы.*

**Етек-жеңді жаздырмайтын суық.** *Өңменнен өтетін қатты суық, бой жылытпайтын қара суық.* **Етек-жеңі жинақы.** *Жинақы, ұқыпты.* **Етек-жеңі жинаусыз.** *Қалпын, күйін өзгертетін түрі жоқ, әзірлік жоқ.* **Етек-жеңі кең.** а) *Кеңпейіл, ақпейіл, жомарт, қолы ашық, дүниенің бетіне қарамайтын.* ә) *Өрісі кең, баршылық.* **Етек-жеңін жиды.** а) *Есін жиды.* ә) *Шаруашылығы, тұрмысы түзеліп ықшамдалды, өзіне-өзі келді, тәртіпке түсті, жақсарды.* б) *Жинақы болып, сақтық жасады.* в) *Шашыраңқы болмай топтасты, жан-жақтағылар жиналды.* **Етек-жеңін жимады.** *Ештеңеден сескенбеді, елең құрлы көрмеді, именбеді.* **Етек-жеңін кең ұстады.** *Жайбасарлыққа салынды, етек-жеңін жимады.* **Етек-жеңін сыбанды.** *Жинақталды, тас-түйін болып дайындалды.* **Етек-жеңі шолақ.** *Қолы қысқа.*

**ЕТЖЕҢДІ** сын. *Арық емес, толық.*

**ЕТЕККӨЙЛЕК** зат. жерг. *Әйелдердің белден төмен киетін тыс киімі.*

**ЕТЕККИІЗ** зат. этн. *Биіктігі тізеден жоғары белуарға дейін болып келетін, киіз үй іргесін жылы ұстауға арналған киіз.*

**ЕТЕККІР** зат. мед. <лат. menstruus> *Әйел адамның ағзасындағы бала табуға жасы жеткен кезден бастап ай сайын қайталанып отыратын физиологиялық құбылыс; қана, менструация.*

**Етеккір келді.** *Бала тууға қабілетті әйелдердің, балиғатқа толған қыздардың жатырынан әр айда қызарған келді, ақты.* **Етеккір келіп жүр**. *Әйелдердің әр айда болатын табиғи белгісі қайталанып жүр.*

**ЕТЕКҚҰМАР** сын. *Жүргіш, нәпсіқұмар, әйелқұмар (ер адам).*

**ЕТЕКСІЗ** сын. **1.** *Етекті емес, етегі жоқ.* **2.** ауыс. *Кішкене.*

**ЕТЕКСІЗДЕУ** сын. *Етегі кішілеу.*

**ЕТЕКТАС** зат. кәс. *Қортпа ауының астыңғы көңгейіне арасы 4-5 метр сайын байланған тас.*

**ЕТЕКТЕ**[1]= ет. *Етекке салып жинау.*

**Етектеп тапты**. *Табысты көп тапты.*

**ЕТЕКТЕ**[2]= ет. *Таудың етек жағымен жүру; төмендеу, еңістеу.*

**ЕТЕКТЕЙ** сын. **1.** *Етек сияқты.* **2.** ауыс. *Жайылыңқы, жалпақ.* **3.** ауыс. *Үлкен, көлемді.*

**ЕТЕКТЕЙ-ЕТЕКТЕЙ** сын. *Айтарлықтай үлкен, көп-көлемді.*

**ЕТЕКТЕЛ**= ет. *Етекке салыну.*

**ЕТЕКТЕЛУ** *Етектел етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕКТЕМЕ** зат. этн. *Түйенің үстіндегі жүк оның бүйіріне тимес үшін арнайы жасалған жазы жондығының төменгі жиектемесі (етек).*

**ЕТЕКТЕН**[1]= ет. **1.** *Етек салыну.* **2.** *Төмендеу, еңістену.*

**ЕТЕКТЕН**[2]= ет. *Еңістелу, төмендеу.* **2.** *Жазылу, жайылу.*

**ЕТЕКТЕНУ** *Етектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕКТЕС**= ет. **1.** *Айқасу, жалғасу.* **2.** *Араласу.*

**ЕТЕКТЕУ**[1] сын. *Етектегі, төмендеу.*

**ЕТЕКТЕУ**[2] *Етекте*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕКТЕУ**[3] *Етекте*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕКТІ** сын. **1.** *Етегі бар.* **2.** *Етек жағы кең, мол (киім).* **3.** ауыс. *Жайылыңқы, жалпақ.*

**Етекті ел.** *Іргелі ел.*

**ЕТЕКТІЛЕУ** сын. **1.** *Етегі кеңдеу.* **2.** ауыс. *Жайылыңқылау, жалпақтау.*

**ЕТЕНЕ** сын. **1.** *Тым жақын, бірге өсіп, біте қайнаған.* **2.** *Бар ықыласымен, бірге, қоян-қолтық.* **3.** *Әбден, жете, мейлінше.*

**Етене араласты**. *Тым жақын, қоян-қолтық қарым-қатынаста болды.* **Етене бауыр [туыс].** *Ең жақыны, бірге туғаны.* **Етене болды**. *Жайдарыланды, көңілі түсті, ашық-жарқын көңіл білдірді.* **Етене болып кетті.** *Әбден араласып, сіңісіп кетті, үйреністі, жақындасты.* **Етене дос.** *Жандай дос, өте тату жолдас.* **Етене жақын**. *Аралас-құралас тұратын, өте жақын.*

**ЕТЕНЕЛЕН=** ет. *Еті үйрену, бауыр басу.*

**ЕТЕНЕЛЕНДІР=** ет. *Етене ғып үйрету, бауыр бастырту.*

**ЕТЕНЕЛЕНДІРУ** *Етелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕНЕЛЕНУ** *Етенелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТЕНЕЛЕС** сын. *Тым жақын, біте қайнасқан.*

**ЕТЕНЕЛІК** зат. *Етене болушылық, ықыласы түсушілік, бауыр басушылық.*

**ЕТЕЮ** *Етей етістігінің қимыл атауы; ет алу, семіру.*

**ЕТЖАПЫРАҚ: етжапырақ бадан.** өс. <лат. bergenia crassifolia> *Биіктігі жарты метрге дейін жететін, тасжарған тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЕТЖЕЙДЕ: етжейде дос.** *Ең жақын, сырлас, істес адам.*

**ЕТЖЕҢ** сын. **1.** *Жуан, толық, етшең.* **2.** *Семіз, толық.*

**Етжеңнен айырылды**. *Арықтады, жүдеп кетті.*

**ЕТЖЕҢДЕУ** сын. *Еттілеу, толықтау, семіздеу.*

**ЕТЖЕҢДІ** сын. **1.** *Жуан, етшең.* **2.** *Семіз, толық.*

**ЕТЖЕҢДІЛЕУ** сын. *Семіздеу, жуандау, толығырақ.*

**ЕТЖЕҢДІЛІК** зат. *Етжеңді болушылық, семіздік, толықтық.*

**ЕТЖЕҢДІРЕК** сын. **1.** *Жуандау, еттілеу.* **2.** *Семіздеу, толықтау.*

**ЕТКЕЛ** сын. *Етжеңді, қоңды, етейген, жуан.*

**ЕТКЕНШАЙ** зат. жерг. *Үлкен шыныға, кесеге құйып, май, тұз салып ішетін қаймақты шай (ұйғыр халқымен көрші тұратын жерлерде айтылады).*

**ЕТКОМБИНАТ** зат. *Етке өткізетін малды қабылдап, сойып, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорын.*

**ЕТКӨЙЛЕК** зат. сөйл. *Киім ішінен денеге киілетін жеңіл, жұқа ішкиім.*

**Еткөйлек дос**. *Ең жақын, ежелгі дос.*

**ЕТКӨРПЕ** зат. *Жерге төселмейтін, тек үстіге жабатын көрпе.*

**ЕТКҮРКЕ** зат. жерг. *Шошала, шолан.*

**ЕТКІЗ=** ет. *Істету, қылдыру, жасату.*

**ЕТКІЗУ** *Еткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТҚАЙНАТЫМ: етқайнатым уақыт.** *Қазанға салған ет қайнайтындай уақытты білдіретін халықтық өлшем.*

**ЕТҚАПТАР** зат. этн. *Ет сүрленіп болған көктем айларының бас кезінде арсадағы етті түсіріп қапқа салушылық.*

**ЕТҚОР** сын. *Ет жегісі келіп тұратын, етқұмар.*

**ЕТҚОРЕКТІ** сын. *Етпен қоректенетін, ет жеп күн көретін.*

**Етқоректі жануарлар**. зоол. ***Етқоректілер***.

**ЕТҚОРЕКТІЛЕР** зат. зоол. *Жылықанды омыртқалылардың етімен қоректенетін жануарлар.*

**ЕТҚЫЗУЛЫҚ** зат. *Алғашқы беттегі пәрмен, әуелгі екпін.*

**ЕТ-МАЙ** зат. *Еті мен майы.*

**Ет-май жібермеу**. *Бауыздалған малдың терісін сыпырғанда оған ешбір артық зат қоспай, ет-майды таза күйінде ажыратып алу.*

**ЕТМАЛ** мод. жерг. *Ықтимал, мүмкін.*

**ЕТ-МЕТ** зат. *Ет және сол сияқтылар.*

**ЕТПЕ: дүрс [дүңк] етпе [етпелік].** *Қоңқ етпе, дөкір мінезді (адам).*

**Үп етпе**. *Әлсіз соққан, үп еткен.*

**ЕТПЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Етпетте.***

**ЕТПЕЛЕКТЕ=** ет. *Етпетінен құлай жаздау.*

**ЕТПЕЛЕКТЕТ=** ет. *Етпетінен құлай жаздату.*

**ЕТПЕЛЕКТЕУ** *Етпелекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТПЕТТЕ=** ет. *Бетін жерге қарата жату.*

**ЕТПЕТТЕТ=** ет. *Бетін жерге қарата жатқызу.*

**ЕТПЕТТЕТУ** *Етпеттет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТПЕТТЕҢКІРЕ=** ет. *Сәл етпеттей түсу.*

**ЕТПЕТТЕҢКІРЕУ** *Етпеттеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТПЕТТЕУ** *Етпетте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТПЕТІНЕН** үст. *Бетін жерге қаратып жатқан қалпы.*

**Етпетінен түсті [құлады, жығылды].** *Бетін жерге қарата құлады.*

**ЕТПІСІРІМ: етпісірім уақыт**. *Асқан ет пісетіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем.*

**ЕТПІСІМ: етпісім уақыт.** сөйл. ***Етпісірім.***

**ЕТ-СОРПА** зат. *Еті мен сорпасы.*

**ЕТ-СҮЙЕК: ет-сүйек ұны.** *Белокты-минералды мал азығы.*

**ЕТ-СҮТ** сын. *Ет пен сүт беретін жануарларды өсіру және қолданумен байланысты.*

**ЕТСІЗ** сын. **1.** *Ет болмау, етті емес.* **2.** *Еті аз, ашаң, арық.*

**ЕТСІЗДЕУ** сын. *Еті аздау, арықтау, ашаңдау.*

**ЕТСІЗДІК** зат. *Етсіз болушылық, еті аздық, ашаңдық.*

**ЕТСІРЕ=** ет. *Етті аңсау, ет жегісі келу.*

**ЕТСІРЕТ=** ет. *Етті аңсату.*

**ЕТСІРЕТУ** *Етсірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТСІРЕУ** *Етсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТТАРТҚЫШ** зат. *Негізінен етті турап майдалауға арналған электрлі жетегі бар немесе қолмен айналдыратын құрал.*

**ЕТТЕ=** ет. *Сойылған малдың терісін іреу.*

**ЕТТЕЙ** сын. **1.** *Ет сияқты, ет түстес.* **2.** ауыс. *Дөңгеленген, толық.*

**ЕТТЕН=** ет. *Толысу, қоңдану, семіріңкіреу.*

**ЕТТЕНДІР=** ет. *Қоңдандыру, семірту.*

**ЕТТЕНДІРУ** *Еттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТТЕНУ** *Еттен етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТТЕС** сын. *Туыстас, жақын.*

**ЕТТЕС=** ет. *Теріні іреуге көмектесу.*

**ЕТТЕУ** *Етте етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТТҰМСЫҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. <proboscidea> *Қазіргі жануарлардан піл ғана жататын, жойылып кеткен сүтқоректілер отряды.*

**ЕТТІ** сын. **1.** *Еті бар, етсіз емес.* **2.** *Еті мол, еті көп.* **3.** ауыс. *Жуан, етжеңді, семіз.* **4.** ауыс. *Үлкен, көлемді.*

**Етті мал**. *Еті мол төрт түлік түрі.* **Етті сақырауқұлақ**. өс. *Ақ сақырауқұлаққа өте ұқсас, басының төменгі жағы алқызыл-қоңыр немесе қызыл қоңыр түсті болып келетін, қылқанды орманда өсетін улы сақырауқұлақтың бір түрі.*

**ЕТТІ-ЕМДІ** сын. жерг. *Етжеңді, толық.*

**ЕТТІ-ЖЕҢДІ** сын. сөйл. ***Етжеңді.***

**ЕТТІ-ЖҮНДІ** сын. *Еті де, жүні де мол.*

**ЕТТІК**[1] зат. *Сойылған малдың, соғымның етін сақтайтын салқын үй, етхана, кілет.*

**ЕТТІК**[2] сын. *Етке тән сипат.*

**ЕТТІК**[3] зат. кәс. *Қармақтың тілі.*

**ЕТТІ-ҚОҢДЫ** сын. *Еті мол, бітімі зор, қоңы бар, семіз.*

**ЕТТІЛЕУ** сын. *Еті молдау, толығырақ, жуандау.*

**ЕТТІЛІК** зат. *Еті молдық, кесімі үлкендік.*

**ЕТТІ-МАЙЛЫ** сын. *Еті мен майы мол.*

**ЕТТІ-МАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Ет пен майы мол болушылық.*

**ЕТТІР=** ет. *Істеттіру, жасаттыру.*

**ЕТТІРЕК** сын. *Еті молырақ, етжеңділеу, семізірек.*

**ЕТТІРУ** *Еттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТТІ-СҮТТІ** сын. *Еті мол, сүті мол.*

**ЕТУ** *Ет етістігінің қимыл атауы; істеу, қылу, жасау.*

**ЕТУШІ** зат. *Істеуші, орындаушы, жасаушы.*

**ЕТХАНА** зат. *Ет сақтау үшін шошаланың ішінен кереге, шимен бөлінген орын немесе арнайы салынған бөлме, кілет.*

**ЕТШАПҚЫ** зат. *Ет шабуға арнап жасалған дөңгелек жүзді құрал, қолбалта.*

**ЕТШЕ** үст. *Етке ұқсап, ет сияқтанып.*

**ЕТШЕҢ** сын. ***Етжең*** *(етті, толық, жуан, семіз).*

**ЕТШЕҢДЕ=** ет. *Етжеңдеу, етті болу, жуандау, семіру.*

**ЕТШЕҢДЕН=** ет. *Семіріп жуандану, еттену.*

**ЕТШЕҢДЕНУ** *Етшеңден етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТШЕҢДЕУ**[1] сын. *Толықтау, жуандау, семіздеу.*

**ЕТШЕҢДЕУ**[2] *Етшеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТШЕҢДІК** зат. *Етжең болушылық, толықтық, семіздік.*

**ЕТШІ** зат. сөйл. *Қасапшы, ет сатушы.*

**ЕТШІЛ** сын. *Ет-ет деп отыратын етқұмар, қызылжанды.*

**ЕТІК** зат. *Былғары не резеңке сияқты материалдардан тігілетін қонышты аяқкиім.*

**Етігімен су кешті.** *Қиын-қыстау күнді бастан өткерді.* **Етік басы.** *Аяқтың башпайлары мен мойынын қауып ұстап тұратын бөлігі.* **Етік жамаушы.** *Етікші, етік жөндеуші.*

**ЕТІКЕЙ** зат. *Шағын, кішкене етік.*

**ЕТІКҚАЛЫП** зат. кәс. *Етікшілердің етікті керек формаға салып тігуі үшін қолданатын ағаштан арнайы жасаған қалыбы.*

**ЕТІКМАЙ** зат. *Етік майлайтын май.*

**ЕТІК-МЕТІК** зат. *Етік және басқалары.*

**ЕТІКТЕЙ** сын. *Етік сияқты.*

**ЕТІКТІ** сын. *Етігі бар, етік киген.*

**ЕТІКТІК** сын. *Етік тігуге жететін, соған жарайтын.*

**ЕТІКШЕҢ** үст. *Етік киген күйінде, етігімен.*

**ЕТІКШІ** зат. *Етік және басқа аяқкиім тігетін ісмер, шебер адам.*

**ЕТІКШІЛІК** зат. *Етікші болушылық, етік тігуді кәсіп етушілік.*

**ЕТІКШІШЕ** үст. *Етікші тәрізденіп, соған ұқсап.*

**ЕТІЛ=** ет. *Істелу, жасалу.*

**ЕТІЛУ** *Етіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЕТІС** зат. лингв. *Қимыл-әрекетке, іске субъект мен объектінің қатынасын білдіретін етістікке тән грамматикалық категория.*

**ЕТІС=** ет. *Қосыла істесу, жасасу.*

**ЕТІСТІК** зат. лингв. *Заттың қимылы мен іс-әрекетін білдіретін сөз табы.*

**Етістіктің рай категориясы.** лингв. *Сөйлеушінің іс-әрекетке көзқарасын, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын білдіретін грамматикалық категория.* **Етістіктің шақ категориясы**. лингв. *Іс-әрекеттің болу мезгілін, сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты білдіретін грамматикалық категория.*

**ЕТІСТІКСІЗ** сын. *Етістік қатыспаған, етістігі жоқ.*

**ЕТІСТІКТІ** сын. *Етістігі бар, етістік тіркескен.*

**ЕТІСУ** *Етіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЕУ** од. *Біреудің назары тікелей өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз.*

**ЕУРАЗИЯ** зат. *Солтүстік жарты шардағы Еуропа мен Азиядан құралатын ең ірі материк.*

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ** сын. *Еуразияға тән, қатысты.*

**ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *XX ғ. 20-жылдары ресейлік эмигранттар арасында пайда болған тарихи-мәдени концепция және оның негізінде қалыптасқан қоғамдық-саяси ағым.*

**ЕУРО** [ағыл. euro] зат. *Еуропалық одаққа мүше елдерге арналған бірыңғай еуропалық валюта.*

**ЕУРОАЙМАҚ** зат. экон. *Еуропа елдеріне ортақ ақша айналымы – еуро енгізілген арнаулы аймақ.*

**ЕУРОАКЦИЯ** зат. экон. *Еуронарықтан сырт елдерге шығарылатын акция.*

**ЕУРОБОНА** зат. қаржы. *Американ доллары, неміс маркасы және басқа да валюталар түрінде шығарылатын ұзақ мерзімді заем.*

**ЕУРОБОНД** зат. *Бағалы қағаз түрі.*

**ЕУРОВАЛЮТА** зат. экон. *Еуропа банкілері бірінің басқа елдің банкісіне жергілікті валютамен салынған ақшалай қаражаты.*

**ЕУРОДОЛЛАР** зат. экон. *АҚШ аумағынан сырт (міндетті түрде Еуропа емес) жерлерінде қолданылатын америка доллары.*

**ЕУРОДЕПОЗИТ** зат. экон. *Еуропа елдерінің валютасы түріндегі депозит.*

**ЕУРОЖӨНДЕУ** зат. құр. *Ғимараттар мен үймереттерді заманауи халықаралық тәжірибеде қолданылатын, еуропалық талаптар мен нормаларға сай жөндеудің түрі.*

**ЕУРОНЕСИЕ** зат. экон. *Капиталистік елдердің ірі коммерциялық бактері еуровалюта рыногі ресурстарының есебінен беретін халықаралық қарыз.*

**ЕУРОНАРЫҚ** зат. экон. *Несие капиталдарының халықаралық нарығы.*

**ЕУРОНОТА** зат. экон. *Шетелдің қаржы нарықтарында қайсыбір еуровалюта түрінде орналастырылатын вексель.*

**ЕУРООБЛИГАЦИЯ** зат. қаржы. *Қарызгер еуронарықта ұзақ мерзімді қарыз алу кезінде шығаратын борышқорлық міндеттеме; купондық облигациялар түріндегі бағалы қағаз.*

**ЕУРООДАҚ** зат. саяси. *Еуропа елдерінен құрылған саяси-экономикалық одақ.*

**ЕУРООРТАЛЫҚТЫҚ** зат. филос. *Философия мен мәдениеттанудағы адамзат өркениеттілігінің басты құндылықтары тек Батыс Еуропада қалыптасты дейтін ұстаным.*

**ЕУРОПА** [грек. Europa] зат. геогр. *Азияның (Еуразия материгінің) батыс бөлігіндегі құрлық.*

**Еуропа әлеуметтік қоры.** <ағыл. European social fund> *Еуропа қоғамдастығының жұмыспен қамту проблемасын шешуге арналған қоры.* **Еуропаға табынушылық**. стиль. *Еуропа мәдениетін басқалардан жоғары қойып, ғылымның, техниканың, өнердің, философияның және т. б. мәдениет салаларының шынайы көрінісі тек Еуропада ғана дамыды дейтін пікірді ұстанатын тұжырымдама.* **Еуропа кеңесі**. *Демократиялық принциптер, адам құқы мәселелері, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық байланыстар, мәдениет т.б. салалардағы іс-әрекеттер, мәселелер қаралатын әлемдегі беделді халықаралық ұйымның бірі.* **Еуропа қара күзені.** зоол. <лат. mustela lutreola> *Дене тұрқы 36-42 см, салмағы 1,1 кг-дай, жүні біркелкі ұлпілдек, қара қоңыр, қызғылт-қоңыр түстес, алқымында, астыңғы және үстіңгі еріндері мен төсінде ақ дағы болатын сусар тұқымдасына жататын мамық терілі аң.* **Еуропа қоғамдастығы.** <ағыл. European communities> *Батыс Еуропа елдерінің біріккен тобы.*

**ЕУРОПАЛАН=** ет. *Еуропа тіршілігіне, соның әдеті мен салтына, мәдениетіне бейімделу.*

**ЕУРОПАЛАНУ** *Еуропалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЕУРОПАЛЫҚ** сын. *Еуропаға тән, Еуропаға қатысты. // Еуропа тұрғыны, Еуропадан келген адам.*

**Еуропалық ислам кеңесі**. *Мұсылмандардың халықаралық ұйымының бірі.* **Еуропалық нәсіл**. *Жер бетінде кеңінен тараған терісі ақ, шашы толқынды, денесі түкті, ортогнатизмді, бет сүйегі мен мұрын қыры өте шығыңқы, еріндері жұқа болып келетін көне нәсілдердің бірі.* **Еуропалық одақ**. *Халықаралық саяси және экономикалық бірлестік.* **Еуропалық парламент**. *Еуропалық одақтың өкілдік органы.* **Еуропалық шытырақ.** өс. <лат. lycopus europaeus> *Биіктігі 25–80 см, жіп тәрізді шырматылған тамырсабағы бар, сабағы жалаңаш, төрт қырлы, жапырағы ұзынша – эллипс тәрізді, гүлі ақшыл сары түсті өсімдік.*

**ЕУРОПАЛЫҚША** үст. *Еуропалықтарға ұқсап, еуропалық тәрізденіп.*

**ЕУРОПАРЛАМЕНТ** зат. *Еуроодақ елдерінің ортақ парламенты.*

**ЕУРОЦЕНТРИСТІК** сын. *Еуропа мәдениеті мен ғылым-біліміне, көзқарасына, ойлауына сүйенген, еуропалық ұстанымды негізге алған.*

**ЕУРОПАША** үст. *Еуропалық адамша, Еуропа түрғыны тәрізденіп.*

**ЕУРОПИЙ** [ағыл. Europium] зат. хим. *Периодтық жүйенің ІІІ тобында орналасқан химиялық элемент (Eu).*

**ЕФРЕЙТОР** [нем. Gefreiter] зат. әск. **1.** *Кіші сержант пен солдаттың аралығындағы әскери шен, атақ.* **2.** *Ефрейтор шеніндегі солдат.*

**ЕҺ** од. *Көңіл-күй, реніште, күйініш пен өкініште білдіретін ишарат сөз.*

**ЕҺЕ** од. *Көтеріңкі көңіл күйін, таңдануды білдіретін ишарат сөз.*

**Ehe десті.** *Уәделесті, келісті.*

**ЕҺЕ-ЕҺЕ** од. *Әр алуан көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.*

**ЕҺЕЛЕ=** ет. *Eh-eh деп қайталап айта беру.*

**ЕҺЕЛЕС=** ет. **1.** *Ерегісу, таласып-тартысу.* **2.** *Бас қосып бірігу, бір-біріне көмектесу, ынтымақтасу.*

**ЕҺЕЛЕСУ** *Ehелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЕШ** есім. **1.** *Түк жоқ, еш нәрсе болмау деген мағынадағы болымсыз есімдік.* **2.** *Ешбір, түк, ешқандай.* **3.** *Мүлдем, тіптен де.* **4.** *Болымсыздық есімдіктің бірінші сыңары.*

**Еш болды**. *Зая кетті.* **Еш болмаса.** *Ең құрыса, тіптен, түк болмаса.* **Еш нәрсе**. *Ештеңе, дәнеңе, түк те.* **Еш нәрседен [ештеңеден] хабарсыз.** *Қаннен қаперсіз, алаңсыз, бейқам.* **Еш нәрсе құрай алмады.** *Қанша жинаса да бір нәрсенің басын біріктіре алмады.* **Еш уақта**. сөйл. ***Еш уақытта.*** **Еш уақыт.** *Ешбір кезде, ешқашан.* **Еш уақытта.** *Ешбір кезде, ешқашан да.* **Ештен кеш жақсы.** *Игіліктің ерте-кеші жоқ.*

**ЕШБІР** есім. *Ешқандай, бірде-бір.*

**ЕШБІРЕУ** есім. *Ешбір адам, ешкім.*

**ЕШБІРІСІ** есім. сөйл. ***Ешқайсысы.***

**ЕШЕК** зат. *Домбыраның тиегі.*

**ЕШЕКМИЯ** зат. сөйл. ***Есекмия.***

**ЕШЕН** зат. сөйл. ***Ишан.***

**ЕШКІ** зат. **1.** *Үлкендігі қойдай, мүйізді ұсақ мал және оның ұрғашысы.* **2.** зоол. <лат. capra hircus> *Мүйізқуыстылар тұқымдасына жататын жұптұяқты, күйіс қайыратын жануар.*

**Ешкі бас**. а) *Кішкене шақша бас.* ә) сөйл. *Ақылсыз жеңілтек.* **Ешкі болсын, теке болсын, балаларға сүт болсын.** *Не болса ол болсын, пайдасы тисе болғаны.* **Ешкі жүні бөртеде [бөрте].** фольк. *Байырғы, көне заманда деген мағынаны білдіретін, ертегінің басталуында қайталанып отыратын сөз.* **Ешкі мәтек.** *Бастан шертіп ұпай алудың жеңіл түрі.* **Ешкінің асығындай**. *Кішкентай, шүйкімдей.* **Ешкінің құйрығы көкке жетер**. *Мүмкін емес нәрсе.* **Ешкінің қылды айранын бермеу.** *Түк татырмау.* **Ешкі сақал.** *Шошайған селдір, шоқ сақал.* **Ешкі сүті**. тамақ. *Ас қорытуға жеңіл, аса бағалы сүт өнімі.*

**ЕШКІБЕТТЕНІП** үст. *Бет-әлпеті құшық, тайқы сияқтанып.*

**ЕШКІБҰРШАҚ** зат. өс. *Гүлінің түсі көк, бұршағы салбырап тұратын көпжылдық шөп.*

**ЕШКІБҮЛДІРГЕН** зат. өс. *Сабағында жидегі бар аласа бойлы, жапырақты өсімдік.*

**ЕШКІДЕЙ** сын. **1.** *Ешкі сияқты.* **2.** ауыс. *Кішігірім, ұсақ.*

**Ешкідей секеңдеді**. *Желпілдеді, елпілдеді.* **Ешкідей үркіді**. *Селт етті, шошынды.*

**ЕШКІЕМЕР[1]** зат. зоол. <лат. agamidae> *Құйрығын қайқайтып жүретін, батпақты, құмды жерде өмір сүретін кесірткенің бір тұқымдасы.*

**ЕШКІЕМЕР[2]** зат. зоол. *Солтүстік Америкадағы кішкентай құс.*

**ЕШКІЕМЕРДЕЙ** сын. *Ешкіемер сияқты.*

**ЕШКІЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Сәлбен өсімдігінің түрі.*

**ЕШКІКӨЗДЕНІП** үст. *Ежірейе, тікірейе қарап.*

**ЕШКІҚОҢЫРАУ** зат. өс. ***Шеңгел.***

**ЕШКІҚОТЫР** зат. мед. *Теріде болатын жұқпалы қышыма аурудың бір түрі.*

**ЕШКІҚҰЙРЫҚ** зат. өс. жерг. ***Сәбіз.***

**ЕШКІ-ЛАҚ** зат. *Ешкі мен лағы.*

**ЕШКІЛБАЙ** зат. жерг. *Ешкі асығы.*

**ЕШКІЛІ** сын. *Ешкісі көп, ешкісі бар.*

**ЕШКІЛІК** зат. зоол. жерг. *Ешкіше дыбыс шығаратын құс.*

**ЕШКІМ** есім. *Ешбіреу, еш адам, ешбір жан.*

**Ешкімге бетін қақтырмады.** *Ешкімге тигізбеді, ерік берді, өз дегенімен жүргізді, қарсы келтіртпеді.* **Ешкімге иіліп-бүгілген жоқ.** *Ешбір адамның алдында өзін төменшіктеткен жоқ, құл болған жоқ.* **Ешкімді ілестірмеді.** *Бәрінен озды.* **Ешкімнің ала жібін аттамады.** *Жан баласына қиянат жасамады, бұрауын алмады.* **Ешкімнің қазанын сындырған жоқ.** *Біреудің отбасын бұзған емес; бүлік салған жоқ.*

**ЕШКІМАЙ** зат. *Ешкінің асығы.*

**ЕШКІМИЯ** зат. өс. *Ешкі сүйсініп жейтін дәмі ащы өсімдік, сылдыршөп.*

**ЕШКІӨЛМЕС** зат. өс. *Мал азықтық маңызы бар, құмды жерлерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**ЕШКІСАБАҚ** зат. өс. *Биіктігі бір, бір жарым метр боп өсетін, майлы жемісті бұта, бадамның түрі.*

**ЕШКІСАСЫР** зат. өс. *Ешкі малы ұнатып жейтін, жағымсыз иісті, биіктеу боп өсетін құрайдың бір түрі.*

**ЕШКІСІЗ** сын. *Ешкісі жоқ.*

**ЕШКІТАЛ** зат. өс. <лат. salix songarica> *Басқа ағаштардай діңі болмайтын, ши секілді түбінен бірнеше ақ шипая боп өсетін бір түп сәмбіленген құба тал; жоңғар талы.*

**ЕШКІШЕ** үст. *Ешкі тәрізденіп, ешкіге ұқсап.*

**ЕШКІШЕК** зат. зоол. *Байғыздан кішірек түн құсы.*

**ЕШКІШӨП** зат. өс. *Зиреннің қара қоңыр түрі.*

**ЕШҚАЙДА** есім. **1.** *Еш жаққа, еш тарапқа.* **2.** *Еш жерде, еш елде.*

**ЕШҚАЙДАН** есім. *Ешбір жақтан, еш тараптан.*

**ЕШҚАЙСЫ** есім. сөйл. *Ешбірі, ешкімі, ешқайсысы.*

**ЕШҚАЙСЫСЫ** есім. *Ешбірі, ешкім, ешқайсы.*

**ЕШҚАНДАЙ** есім. *Ешбір, бірде-бір, дәнеңе, түк те.*

**ЕШҚАШАН** есім. *Еш уақытта, ешбір кезде де.*

**ЕШМЕК** зат. сөйл. ***Ешкілбай.***

**ЕШТЕМЕ** есім. *Ештеңе, еш нәрсе, дәнеңе, түк те.*

**ЕШТЕҢЕ** есім. *Ештеме, дәнеңе, еш нәрсе.* // филос. *Шынайы нақтылықты немесе болмысты мойындамай, жоққа шығаратын ілімдер категориясы.*

**Ештеңені мандыта алмады [мандытқан жері жоқ].** *Шаруаны, істі ойдағыдай атқара алмады, қолынан ештеме келмеді.* **Ештеңесі [түгі] құрамайды.** *Ешбір зиян көрмейді, түгі де кетпейді.*

**ЕШТЕҢКЕ** есім. сөйл. ***Ештеме.***

**ЕШІР=** ет. сөйл. *Есіру.*

**ЕШІРУ** *Ешір етістігінің қимыл атауы.*

# Ё

**ЁЛКА** ор. зат. сөйл. *Жаңа жылдық шырша.*

**ЁЛКАДАЙ** сын. *Ёлка сияқты.*

**ЁЛКАЛЫ** сын. сөйл. *Ёлкасы бар.*

**ЁЛКАСЫЗ** сын. *Ёлкасы жоқ.*

# Ж

**Ж** лингв. **1.** *Қазақ әліпбиінің дауыссыз дыбысты білдіретін сегізінші әрпі.* **2.** *Тіл алды, жайылма жуысыңқы ызың (фрикатив) ұ дауыссыз ұяң дыбыс.*

**ЖА[1]** од. сөйл. ***Жә.***

**ЖА[2]** шыл. жерг. *Не, немесе, я.*

**ЖАБА[1]** зат. жерг. *Саятқа шыққанда қыран құсты ұстау үшін торлап, шаңырақ тәрізді етіп жасалған құрал.*

**ЖАБА[2]** зат. жерг. *Кішірек жылқы.*

**ЖАБА[3]: жаба тастау.** муз. *Әдетте, оң қолдың қағысынсыз, сол қолдың қағысынсыз, сол қолдың саусақтарының күшімен ғана жасалатын домбыра тарту тәсілі.*

**ЖАБАҒЫ[1]** зат. *Алты ай мен бір жас аралығындағы ересек құлын.*

**ЖАБАҒЫ[2]** зат. *Қой мен түйенің көктемде қырқып алған, суық маусымда өскен, ұйысқан жүні.* // *Бір-біріне жабысып, тұтасып қалған, ұйысқан.*

**Жабағы бұлт.** *Қарабауыр ала-шұбар бұлт.* **Жабағы жүн.** *Қылшық жүнді қойдың, түйенің ұйысқан қысқы жүні.* **Жабағы күпі.** этн. *Салқын мезгілде киетін, жеңіл әрі жылы сырт киім түрі.*

**ЖАБАҒЫ[3]** зат. *Қой жүнінің астына шүберек мата салып, сырып тіккен жабдық.*

**ЖАБАҒЫ[4]** зат. *Тоқымның іштігі.*

**ЖАБАҒЫДАЙ[1]** сын. *Тұтасып, ұйысып қалған, жабағы жүн сияқты.*

**ЖАБАҒЫДАЙ[2]** сын. *Жабағы құлын-тай сияқты.*

**ЖАБАҒЫЛАН=** ет. *Кірігіп, тұтасып, ұйысып қалу, ұйпақталу, жырымдану.*

**ЖАБАҒЫЛАНУ** *Жабағылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБАҒЫЛАУ** сын. *Жабағыға жақындау.*

**ЖАБАҒЫЛЫ[1]** сын. **1.** *Жабағысы бар, жабағы ілескен.* **2.** *Жабағы салынған.*

**ЖАБАҒЫЛЫ[2]** сын. *Қысқы, ұйысқан жабағы жүні түспеген (қой я түйе).*

**ЖАБАҒЫЛЫҚ[1]** зат. *Ұйысқан қалып, күй.*

**ЖАБАҒЫЛЫҚ[2]** сын. *Бір жабағыға бағаланатын, бір жабағы тұратын.*

**ЖАБАҒЫСЫЗ** сын. *Жабағысы жоқ, жабағының қатысынсыз.*

**ЖАБАҒЫТАЙ** зат. *Құлыннан тай шығар кезеңіндегі жылқы түлігінің жасын білдіретін атау; жабағы.*

**ЖАБАҒЫША** үст. *Жабағыға ұқсап, жабағы жүнше (ұйысқан).*

**ЖАБАЗЫ[1]** зат. **1.** *Аттың қамытын мойнына жібермес үшін салатын әбзел түрі (шлея).* **2.** жерг. *Киізден, иленген теріден жасалған ағашсыз қамыт, киіз қамыт.*

**ЖАБАЗЫ[2]** зат. кәс. *Түйе жазысының айналасына сәндік үшін оюлап, өрнек салып матадан тігілетін, жазының төменгі жиегінен көрініп тұратын қосымша әбзел.*

**ЖАБАЙ** зат. **1.** *Қорғасын құйылмаған салмақты асық, кеней.* **2.** *Сақаның өңделгеннен кейінгі салмақты түрі.*

**ЖАБАЙТАЙ** зат. ***Жабағы.***

**ЖАБАЙЫ** сын. **1.** *Қолға үйренбеген, тағы.* **2.** *Қоғамдық, әлеуметтік жағынан артта қалған мешеу (ел).* **3.** *Жұпыны, жай, қарапайым, дөрекі.* **4.** *Өзінен-өзі өсіп-өніп тұратын, түздік.* **5.** *Көзге қораш.* **6.** ауыс. *Кісіге жуыса алмайтын жасқаншақ, ұялшақ.* **7.** *Дөрекі, тұрпайы, жағымсыз.*

**Жабайы адамдар**. *Үңгір мен лашықтарда тұрып, аң аулап қана тіршілік еткен адамдар тобы.* **Жабайы ара.** зоол. *Жәндіктер класының жарғаққанаттылар отрядының жабайы аралар тұқымдасының бір түрі.* **Жабайы банкив тауығы**. зоол. *Тауық тәріздiлер отрядына жататын құстардың жабайы тауық немесе бұта тауығы.* **Жабайы бидай**. а) *Масағы сынғыш бидай түрі.* ә) жерг. *Былтыр еккен бидай орнына келесі жылы екпей-ақ шыққан бидай.* **Жабайы борыққамыс**. өс. <лат. saccharum spontaneum>. *Қазақстанда таралған астық тұқымдасы, борыққамыс туысына жататын өсімдік.* **Жабайы жүзім.** бот. <лат. vitis vinifera> *Жүзім тұқымдасына жататын, ағаштанып қатайып кеткен көпжылдық шырмауық.* **Жабайы ит.** зоол. <лат. canis dingo> *Иттер туысына жататын, екінші рет жабайы итке айналған иттер тұқымдасы.* **Жабайы қасқыржем**. өс. <лат. asparagus officinalis> *Лалагүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 70-120 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Жабайы қыша**. өс. <лат. sinapis> *Шыршагүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер туысы.* **Жабайы мінез.** *Кісіге жұғымы жоқ дөрекі мінез.* **Жабайы сарымсақ**. өс. *Пияз тәріздес шөптесін өсімдік.* **Жабайы сұр қаз**. зоол. *Қаз тәріздiлер отрядына жататын ірі денелі құс.* **Жабайы шомыр**. өс. <лат. raphanus raphanistrum> *Орам жапырақтар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.* **Жабайы шөп**. жерг. *Далаға шығатын табиғи шөп.*

**ЖАБАЙЫЛАН=** ет. **1.** *Адам маңынан алыстап, шеттеп, тағылану.* **2.** *Қарапайымданып, жұпыны тарту.* **3.** *Күтімсіз, өз бетімен өніп-өсу.* **4.** ауыс. *Әдептен асып дөрекілену, тұрпайылану, әпербақандану.*

**ЖАБАЙЫЛАНДЫР=** ет. **1.** *Жабайы еткізу, тағыландыру.* **2.** *Жұпыныландыру, дөрекілендіру, тұрпайыландыру.*

**ЖАБАЙЫЛАНДЫРУ** *Жабайыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБАЙЫЛАНУ** *Жабайылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБАЙЫЛАУ** сын. **1.** *Жартылай тағы, жабайырақ.* **2.** *Жұпыны келген, қарапайымдау.*

**ЖАБАЙЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жабайы болушылық, тағылық.* **2.** ауыс. *Анайылық, тұрпайылық.* **3.** *Жұпынылық, қарапайымдылық.*

**ЖАБАЛ** есім. ескікіт. *Барлық, жаппай, күллі.*

**ЖАБАН[1]** зат. **1.** *Қыста мал жататын тепсең жер.* **2.** жерг. *Жайылымға қолайлы, бетегелі от жер.*

**ЖАБАН** зат. этн. *Жеңіл арбаны, шананы т.б. жүктерді сүйреуге арналған қамыттың қарапайым түрі.*

**ЖАБАСАЛМА[1]** зат. *Асығыста шаңырақ пен уықтан ғана уақытша құрастырылған жолым үй, киіз күрке, жаппа.*

**ЖАБАСАЛМА[2]** зат. *Қазанға жаба салып, қарып пісірген жаппа нан.*

**ЖАБАСАЛМА[3]** зат. *Түйе жүнінен немесе қойдың қара жабағысынан жасалған сырт киім.*

**ЖАБАСАЛМА** зат. этн. *Милықшығармай, басқа іле салатындай етіп тігілген баскиім түрі.*

**ЖАБАТАЙ** зат. жерг. ***Жаба[2].***

**ЖАБАУ** сын. сөйл. *Желеу.*

**ЖАБАУРА=** ет. сөйл. *Жабырқау.*

**ЖАБАУРАУ** *Жабаура етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАББАР** [ар. جبار] зат. *Алла Тағала есімінің бірі.*

**ЖАБҒҰ** зат. көне. *Түрік қағанатында болған 28 дәрежелі әскери-әкімшілік қызмет сатысы жүйесіндегі қаған мен ұлықтан кейінгі лауазым.*

**ЖАБДАН** зат. жерг. *Ашық алаңқай, жазық жер.*

**Жабдан алу.** *Көмек сұрау, жылу жинау.* **Жабдан киіз**. *Бояусыз, түрсіз киіз.*

**ЖАБДАН=** ет. *Керек-жарақпен қамдану, әзірлену.*

**ЖАБДАНУ** *Жабдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДУ** *Жабды етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫ=** ет. жерг. **1**. *Керек-жарақ мүлікті, затты дайындау, әзірлеу (қамдау).* **2.** ескікіт. *Жасану.*

**ЖАБДЫҚ[1]** зат. **1.** *Керек-жарақ, әртүрлі құрал-сайман, әбзел.* **2.** *Үй ішінің дүние-мүлкі.* **3.** *Түрлі тетік, бөлшек.* **4.** *Іске қажетті нәрсе, бұйым.* **5.** *Қару-жарақ, құрал.* **6.** *Өлікті шығаруға кететін мал-мүлік, керек-жарақ.* **7.** *Әрекет-іс алдындағы әзірлік, дайындық, қам.*

**Жабдығын сайлады.** *Керек-жарағын даярлады.* **Жабдықтарды жетілдіру**. *Жабдықтардың функциялық қасиеттерін, пайдаланудағы сенімділігін арттырып, жақсарту жолдарының (әдістерінің) бірі.* **Жабдықтарды жинақтау**. *Жабдықтардың жеке бөлшектерін жинақтау.* **Жабдықтарды орнықтыру.** тех. <франц. montage> *Техникада құрылымдарды, технологиялық жабдықтарды, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды, аспаптарды және т.б. дайын бөліктерден жинақтау және орнықтыру.* **Жабдықты жаңғырту**. экон. *Кәсіпорындарда жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерге өндіріс техникасы мен технологиясының қазіргі талаптарына сай келетін сипатта беру және қолданыстағы жабдықтың өнімділігін арттыру мақсатымен осы машиналар мен механизмдерді жетілдіру.* **Жабдықтың жүктелу коэффициенті**. экон. *Жабдықтың жұмыс істеу уақытының қолданыстағы қорының белгілі бір уақыт (жоспарлы, есепті кезең) бойына пайдаланылуын сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.*

**ЖАБДЫҚ[2]** зат. этн. *Жұмсақ киізден қос қабаттап, нар түйенің өркешіне жазының астына салатын ішкілік.*

**ЖАБДЫҚ-ЖАЙ** зат. сөйл. ***Жабдық-жарақ.***

**ЖАБДЫҚ-ЖАРАҚ** зат. *Түрліше құрал-сайман, қажетті мүлік.*

**ЖАБДЫҚСЫЗ** үст. **1.** *Ешбір құрал-саймансыз.* **2.** *Қару-жарақсыз, құралсыз.*

**ЖАБДЫҚТА=** ет. **1.** *Қажетті заттар, тетіктер, құрал-саймандармен қамтамасыз ету.* **2.** *Бір әрекеттің қамын істеу, дайындау, әзірлеу.* **3.** *Ат-көлікті әбзелдеп әшекейлеу, безендіру.*

**ЖАБДЫҚТАЛ=** ет. **1.** *Қажетті затпен қамтамасыз етілу.* **2.** *Қайта жөнделу.*

**ЖАБДЫҚТАЛУ** *Жабдықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАМА** зат. инф. *Кез келген объектінің, процестің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті әдістер, құралдар және шаралар жиынтығы.*

**ЖАБДЫҚТАН=** ет. *Керекті затпен қамтамасыз етілу, жөнделу.*

**ЖАБДЫҚТАНДЫР=** ет. *Қамтамасыз еттіру.*

**ЖАБДЫҚТАНДЫРУ** *Жабдықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАНУ** *Жабдықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Жабдықтай түсу.*

**ЖАБДЫҚТАҢҚЫРАУ** *Жабдықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАС=** ет. *Жабдықтауға көмектесу, қосыла жабдықтау.*

**ЖАБДЫҚТАСУ** *Жабдықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАТ=** ет. *Жабдықтауға мүмкіндік жасау, рұқсат ету; мәжбүрлеу.*

**ЖАБДЫҚТАТУ** *Жабдықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБДЫҚТАУ** *Жабдықта етістігінің қимыл атауы.*

**Жабдықтау базасы**. әск. *Әртүрлі мемлекет қарулы күштерінің тыл құрамындағы материалдық қамтамасыз етудің штаттық немесе штаттан тыс мекемесі.* **Жабдықтау бөлімі.** *Мекеменің шаруашылықты қажетті заттармен қамтамасыз етіп отыруды басқаратын бөлігі.* **Жабдықтау құралдары**. әск. *Ұрыс мүмкіндіктерін көтеру және жауынгерлік міндеттердің табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін жалпы әскери бөлімшелер, бөлімдер, құрамалар командирлеріне уақытша бағынатын әртүрлі әскер салалары мен арнайы әскерлердің бөлімшелері, бөлімдері, құрамалары.* **Жабдықтау стансысы**. әск. *Теміржол көліктерін қабылдау, оларды тиеу-түсіру, материалдық құралдарды уақытша сақтау және құрамаларға (бөлімдерге) жіберу, сондай-ақ жаралылар мен науқастарды, қару мен әскери техниканы қабылдау және әрі қарай эвакуациялау үшін жалпы әскери армияда тағайындалған бір немесе бірнеше теміржол стансалары мен разъездері.*

**ЖАБДЫҚТАУШЫ** зат. *Керек-жарақ заттармен қамтамасыз етіп тұрушы (адам).*

**ЖАБДЫҚТЫ** сын. **1.** *Қажетті керек-жарағы бар.* **2.** *Әбзелдермен безендірілген, әшекейлі.*

**ЖАБДЫН=** ет. *Керек-жарақпен қамтамасыз ету, соның әзірленуі.*

**ЖАБДЫР=** ет. *Керек-жарақ заттармен қамтамасыз еткізу, әзірлету, қамдандыру, жабдындыру.*

**ЖАБИ** сын. ескікіт. *Қатыгез, мейірімсіз.*

**ЖАБРАЙЫЛ** зат. сөйл. ***Жебірейіл.***

**ЖАБУ[1]** зат. **1.** *Малдың, үй жануарларының жонын, сауырын суықтан, жаңбырдан қорғау үшін пайдаланатын жұмсақ тері, матадан сырылып жасалған малдың арқа, сауыр, бүйірін қаусыра қымтайтын, ұштары доғал келген төртбұрыш пішінді, ұшында бір-біріне байланатын бауы бар қорғаныш жабдығы.* **2.** *Бір нәрсенің үстін бүркеп тұратын матадан істелген бұйым.* **3.** *Сән үшін пайдаланатын әшекейлі жапқыш.* **4.** *Қазақ үйдің киіз есігі.* **5.** *Бесіктің ту сыртынан қымтап жабатын жабу, бесік жапқышы.*

**Жабуды жаба тоқыды.** *Кемшілікті білдірмеді, бүркемелеп жасырды.*

**ЖАБУ[2]** *Жап етістігінің қимыл атауы.*

**Жабу бағамы.** қаржы. *Валюталардың баланс күнгі ағымдағы айырбас бағамы.*

**ЖАБУДАЙ** сын. *Жабу сияқты.*

**ЖАБУДАЙЫН** сын. фольк. *Жабуға ұқсас.*

**ЖАБУЛА=** ет. **1.** *Малдың үстіне жамылғы салып бүркеу.* **2.** *Отынның, көмірдің және т.б. заттың үстін жамылғымен бүркеу, тасалау.*

**ЖАБУЛАН=** ет. *Малдың үстіне жамылғы салыну, бүркенуі.*

**ЖАБУЛАТ=** ет. *Аттың үстіне жамылғы салдырып бүркету.*

**ЖАБУЛАТУ** *Жабулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБУЛАУ** *Жабула етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБУЛЫ**[1] сын. **1.** *Үстінде жабуы бар.* **2.** *Үсті бір нәрсемен бүркелген, тасаланған, жабылған.* **3.** ауыс. *Жасырын, жабық, белгісіз.*

**Жабулы қазан жабуымен [жабулы].** *Шетке сыр шашпай, өзді-өзі біліп қоя салды, істі ары қарай қоздырмады.*

**ЖАБУЛЫ**[2] сын. *Ашық емес, бекітулі, кілттеулі.*

**ЖАБУСЫЗ**[1] сын. **1.** *Жабуы жоқ, жабу жаппаған.* **2.** *Үстіне еш нәрсе салынбаған, төбесі ашық.*

**ЖАБУСЫЗ**[2] сын. *Жабылмай ашық қалған, бекітілмеген, кілттенбеген.*

**ЖАБУША** үст. *Жабу тәрізденіп, жабуға ұқсап.*

**ЖАБУШЫ** зат. *Жамылғы жабатын, бүркейтін адам.*

**ЖАБУЫЛДА=** ет. *Мінер көліктің үстін мұқияттап жабу.*

**ЖАБУЫЛДАУ** *Жабуылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫ**[1] зат. **1.** этн. *Дәстүрлі мал шаруашылығында көптеп өсірілетін, тез ет алағыш, етті әрі сүтті қазақы жылқы тұқымы.* **2.** *Жабының бойының аласалығы мен дене бітімінің қораштау болуына байланысты ұсқынсыз, аласа жылқылардың атауы.* **3.** ауыс. *Төмен дәрежеде, шамалы.*

**Жабы бие**. *Нашар, қарабайыр бие.* **Жабы емеспіз, тұлпармыз, құладын емес, сұңқармыз**. поэт. *Екінің бірі емеспіз, қарапайым, әншейін емеспіз.* **Жабы ит.** жерг. *Қаппайтын, үй күзететін ит.* **Жабы құрсақ**. *Нашар, ұсқынсыз, жөнді құрсақ көтермейтін.* **Жабы түйе**. *Өмірі мінілмеген, қашаған, асау түйе.*

**ЖАБЫ**[2] сын. *Шатырсыз, жатаған (үй).*

**ЖАБЫ**[3] сын. *Жабырқаңқы, уайымды, мұңды.*

**Жабы болды**. *Жүні жығылды, жүнжіп кетті, қайғырып, көңілсіз болды.*

**ЖАБЫҒУ** *Жабық етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Көңілі жасушылық, қамығушылық.*

**ЖАБЫҒЫ** сын. *Көңілі қамығыңқы, жабырқаңқы.*

**ЖАБЫҒЫЛЫҚ** зат. *Жабығы болушылық, көңіл қамыққандық, жабырқаңқылық.*

**ЖАБЫҒЫҢҚЫ** сын. *Көңілі жабырқаңқы, қамығыңқы.*

**ЖАБЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Әлденеге қапаланыңқырау, қамығыңқырау.*

**ЖАБЫҒЫҢҚЫРАУ** *Жабығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫҒЫП-ЖАБЫРҚА=** ет. *Қапаланып ренжу, қамығып кею.*

**ЖАБЫДАЙ** сын. *Жабы сияқты.*

**ЖАБЫДАЙЫН: жабыдайын жалтаңдап.** фольк. *Тайсалып, беттей алмай.*

**ЖАБЫҚ**[1] зат. *Киіз үйдің үзігі мен туырлықтың қосылған жері, киіздерінің қосылған жері.*

**ЖАБЫҚ**[2] сын. 1. *Ашық емес, бекітулі.* 2. *Бүркеулі, жабулы, қоршай қапталған.* 3. *Төбесі жабылған, су өтпейтін етілген.* 4. ауыс. *Жасырын, құпия.*

**Жабық акционерлік қоғам**. экон. *Акциялары тек құрылтайшылардың немесе күні бұрын айқындалған адамдар тобының арасында ғана жабық жазылыс жолымен бөлінетін серіктестік.* **Жабық ақпарат**. инф. <ағыл. private information> *Қандай да бір себептермен құпия деп танылған ақпарат.* **Жабық алаң.** *Спорт жаттығуларын, жарыстар өткізуге арналған арнайы орны бар жабық ғимарат.* **Жабық атыс позициясы**. әск. *Қарсыластың жерүсті бақылауынан оқ жарқылын, шаң мен түтінді, материалдық бөлікті тасалап жасыратын жергілікті жер қатпарлары немесе елді мекен, орман сыртында артиллериялық бөлімшелер немесе жеке қарудан атыс жүргізу жаттығуына арналып дайындалған немесе алынып қойылған жер телімі.* **Жабық аукцион**. экон. *Барлық сатып алушылар бағаны бір мезгілде, әдетте, жазбаша өтініш түрінде ұсынатын және тауар ең жоғары баға ұсынғанға сатылатын аукцион.* **Жабық [түйық] бағдарлама**. инф. <ағыл. closed program> *Басқа бағдарламаға қатынау мүмкіндігі жоқ бағдарлама.* **Жабық дауыс.** *Жасырын беретін дауыс.* **Жабық дүкен [магазин].** *Белгілі адамдарға ғана өлшеммен, нормамен тауар беретін сауда орны.* **Жабық етті жылқы.** *Аса семіз емес жылқы.* **Жабық жайғасым**. экон. *Мәміле бойынша есеп айырысуды аяқтау, тауарларды сатқаннан кейін оларды сатып алу немесе керісінше, сатып алғаннан кейін сату.* **Жабық жалды**. *Семіз, жалы берік (жылқының арық-семіздігін жалынан ұстап білуге байланысты қалыптасқан сөзқолданыс).* **Жабық жан**. *Ашылып сөйлемейтін, тұйық.* **Жабық жиналыс**. *Адамдар арнайы шақырумен ғана қатынасатын құпия жиналыс.* **Жабық корт.** *Қыс айларында теннис ойнау үшін салынған арнайы ғимарат.* **Жабық қабақ**. *Жабырқаңқы, реніште қалып.* **Жабық қора.** *Үсті жабылған, мал тұратын орын.* **Жабық қырман.** *Астық түсірілетін үсті қалқалы жай.* **Жабық мәліметтер**. инф. *Пайдаланушылардың шектеулі тобы ғана таныса алатын немесе өңдей алатын мәліметтер.* **Жабық мұз айдыны.** *Конькимен мәнерлеп сырғанаудан, конькиден және шайбалы хоккейден, шорт-тректен жарыстар мен жаттығулар өткізуге арналған типтік жоба бойынша салынған арнайы ғимарат.* **Жабық порт**. әск. *Шетел кемелерінің, сондай-ақ бортында шетелдіктер бар өз мемлекеті кемелерінің кіруіне тыйым салынған порт.* **Жабық рынок**. экон. *Рыноктың сатып алушы бағамы сатушы бағамына тең жай-күйі.* **Жабық сауда-саттық.** экон. *Саны шектеулі фирмалар мен консорциумдар қатысуға шақырылатын халықаралық сауда-саттық.* **Жабық сот**. *Рұқсатпен ғана кіргізетін, жасырын жүргізетін сот.* **Жабық тұқымды [гүлді] өсімдіктер**. биол. <лат. angiospermae> *Жоғары сатыдағы тұқымды ағаш және шөптесін өсімдіктердің ең көп тараған тобы.* **Жабық хат.** *Белгілі адамдарға ғана оқылатын қатынас қағаз.* **Жабық шегерім**. экон. *Арнаулы үкіметаралық келісімдер бойынша жеткізілетін өнімге берілетін баға шегерімі.* **Жабық экономика**. экон. *Тек қана өз елінің технологиясы мен тауарын пайдаланатын халықаралық сауда-саттық үрдісінен оқшауланған экономика..*

**ЖАБЫҚ=** ет. *Мұңаю, қамығу, жабырқау, жасу.*

**Жабыққанды дерт білмейді.** *Қайғылы адамның еңсесі көтерілмейді.*

**ЖАБЫ-ҚОМША** зат. сөйл. ***Жабы.***

**ЖАБЫҚТЫР=** ет. *Қамықтыру, жабырқату, жасыту.*

**ЖАБЫҚТЫРУ** *Жабықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫЛ**[1]**=** ет. **1.** *Ұйымдасып, біріге, бір-бірін қолдап әрекет жасау.* **2.** *Ортаға алып қысу, қысым көрсету.* **3.** *Жұмыла көтерілу, жұмыла іс істеу.*

**ЖАБЫЛ**[2]**=** ет. *Үстін ашық қалдырмау, бүркелу.*

**ЖАБЫЛ**[3]**=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ашылмайтын етіп бекітілуі.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің дағдылы әрекетінің тоқтатылуы, аяқталуы, қысқартылуы.* **3.** ауыс. *Қамалу, отырғызылу.*

**ЖАБЫЛА** үст. *Бәрі бірдей бірлесе, жаппай, жапатармағай, тұтас жұмыла, түгелімен бір іске кірісу.*

**ЖАБЫЛАН=** ет. *Қамығу, жүні жығылу, жүнжіп кету.*

**ЖАБЫЛАНДЫР=** ет. *Қамықтыру, жүнжіту.*

**ЖАБЫЛАНДЫРУ** *Жабыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫЛАНУ** *Жабылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫЛАР-ЖАБЫЛМАС** үст. *Толық жабылмай тұрып.*

**ЖАБЫЛҒЫ** зат. жерг. *Бір нәрсенің бетін, үстін жабуға арналған нәрсе, жамылғы.*

**ЖАБЫЛТ=** ет. *Қосыла әрекет жасату, жабылдыру.*

**ЖАБЫЛТУ** *Жабылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫЛУ** *Жабыл етістігінің қимыл атауы; тоқтатылу, қысқартылу.* // сөйл. *Түрме, қамау.*

**ЖАБЫЛЫҚ** зат. *Жабы болып, жүнжіп кетушілік.*

**ЖАБЫЛЫҢҚЫ** сын. сөйл. ***Жабыңқы.***

**ЖАБЫН**[1] зат. *Үйдің бір қабатын екінші қабатынан бөлетін және үйдің үстіңгі немесе төменгі шегін белгілейтін құрылымдық бөлік.*

**ЖАБЫН**[2] зат. жерг. **1.** *Көрпенің қабы.* **2.** *Ілулі тұрған киімді шаң баспас үшін үстінен жапқан материал.*

**Жабын жапырақ**. биол. *Кәдімгі сабақтық немесе түрі өзгерген жапырақ, оның қолтығында жеке гүл немесе гүлшоғыры орналасады.* **Жабын ұлпа**. биол. <лат. epithelium superficiale> *Жануарлардың денесін сыртқы жағынан және түтікше мүшелердің ішкі, сыртқы беттерін қаптап, дене қуыстарын астарлап, ағзада шекаралық орын алатын ұлпа.* **Жабын шөп**. *Үйдің төбесіне жапқан шөп.*

**ЖАБЫН**[3] зат. сөйл. ***Жабынды***[1]**.**

**ЖАБЫН**[4] зат. *Құстардың қатты қауырсыны.*

**Жабын жүн**. *Қойдың сирақтарында, жақтарында, құйрығы мен құрсағында өсетін қысқа, тықыр жүні.* **Жабын қауырсындар**. биол. *Құстың денесін жауып тұратын негізгі жамылғы.*

**ЖАБЫНДЫ**[1] зат. *Бір нәрсенің үстіне салынған қамыс, ағаш сияқты заттар.*

**Жабынды клеткалар**. биол. <лат. pericytus> *Қылтамырлар қабырғасындағы негіздік жарғақта орналасқан талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасының клеткалары.* **Жабынды материал**. *Үй мен құрылыс төбесін жабатын материал.*

**ЖАБЫНДЫ**[2] зат. *Үсті шөп-сабанмен жабылған жаппа, лапас.*

**ЖАБЫНДЫ**[3] зат. *Жасырын жер, көмбе.*

**ЖАБЫНДЫ**[4] зат. *Есік, терезе пердесі.*

**ЖАБЫНДЫ**[5] сын. *Жабылған, беті ашық емес.*

**ЖАБЫНДЫҚ** зат. *Жамылуға, жабуға болатындай нәрсе.*

**Жабындық материал**. *Үйдің және басқа құрылыстың төбесін жабу үшін пайдаланатын материал.* **Жабындық тін**. биол. *Өсімдік органдарының сыртын қаптап тұратын жасушалар тобы.*

**ЖАБЫНШЫ** зат. сөйл. ***Жабыныш***.

**ЖАБЫНЫШ** зат. *Бір нәрсенің үстіне жабатын қалқа, жамылғы.*

**ЖАБЫҢҚЫ**[1] сын. **1.** *Көңілсіз, мұң басқан, жабырқаңқы.* **2.** ауыс. *Көк жүзі түнеріңкі.*

**ЖАБЫҢҚЫ**[2] сын. *Сәл-пәл ғана ашықтау, жабылыңқы.*

**ЖАБЫҢҚЫРА=** ет. *Көлегейлеп бекітіңкіреу.*

**ЖАБЫҢҚЫРАУ** *Жабыңқыра етістігінің қимыл атауы; бекітіңкіреу, қалқалау.*

**ЖАБЫРАЙ** зат. өс. *Егістік, аңыздықта, үй маңында өсетін түкті, біржылдық арамшөп, тірне түрі.*

**ЖАБЫРАҢҚЫ** сын. *Көңілі жүдеу, қабағы түсіңкі.*

**ЖАБЫР-ЖҰБЫР** үст. сөйл. ***Жапыр-жұпыр***.

**ЖАБЫРҚА=** ет. *Көңіл босап жабығу, қамығып жасу.*

**ЖАБЫРҚАҒЫШ** сын. *Көңілі жасып қамыққыш.*

**ЖАБЫРҚАН=** ет. *Көңілі ортайып, жаны жүдеу.*

**ЖАБЫРҚАНУ** *Жабырқан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАБЫРҚАҢҚЫ** сын. *Көңілі қамығыңқы, үнжырғасы түсіңкі.*

**ЖАБЫРҚАҢҚЫЛАУ** сын. *Көңілі қамығыңқылау, еңсесі түсіңкілеу.*

**ЖАБЫРҚАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Көңілі босаңқылық, қамығып-жабығушылық.*

**ЖАБЫРҚАС=** ет. *Еңселері түсіп, көңілдері қамығысып қалу.*

**ЖАБЫРҚАСУ** *Жабырқас етістігінің қимыл атауы; жабығып-қамығысу.*

**ЖАБЫРҚАТ=** ет. *Жанын жасыту, көңілін қамықтыру.*

**ЖАБЫРҚАТУ** *Жабырқат етістігінің қимыл атауы; жанын жасыту, қамықтыру, көңілін қалдыру.*

**ЖАБЫРҚАУ**[1] сын. **1.** *Күйсіз, сүреңсіз.* **2.** *Көңілсіз, реніштi, жабырқаңқы.* **3.** ауыс. *Күзгі уақыт, күн райының бұзылуына байланысты айтылады.*

**Жабырқау тартты.** *Көңілсіздік басты, мұңайды, көңілі сынық болды.*

**ЖАБЫРҚАУ**[2] *Жабырқа етістігінің қимыл атауы; көңілі түсу, жасу.*

**ЖАБЫРҚАУЛЫ** сын. *Көңіл-күйі қамығыңқы, ренішті.*

**ЖАБЫРҚАУЛЫҚ** зат. *Еңсесі түсіп, мойып қалушылық, қамығушылық.*

**ЖАБЫРҚАУСЫЗ** сын. *Ешбір мұңаюсыз, қамығусыз.*

**ЖАБЫРҚАУШЫЛЫҚ** зат. *Көңіл-күйі босаңсу, мұңаюшылық, қамығушылық.*

**ЖАБЫРЛА=** ет. **1.** *Бет-бетімен жапатармағай сөйлеу, дабырлау.* **2.** *Тұс-тұстан, бет-бетімен қаптап кету, анталау.* **3.** *Иін тіресу, топырлау.*

**ЖАБЫРЛАС=** ет. *Бір-бірімен жарыса, жамыраса сөйлесу, дабырласу.*

**ЖАБЫРЛАСУ** *Жабырлас етістігінің қимыл атауы; дабырласу, бет-бетімен сөйлеу.*

**ЖАБЫРЛАУ** *Жабырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жамырап сөйлеу, дабырлау.* **2.** *Анталау, жан-жақтан қаптау.*

**ЖАБЫС**[1]**=** ет. *Бір нәрсенің үстін қымтауға, жабуға көмектесу, жабыла күш жұмсау.*

**ЖАБЫС**[2]**=** ет. **1.** *Беттесіп бірігіп, бір-бірінен айырылмау, желімдегендей ажырамау.* **2.** *Ұстап алып жібермеу, жармасу.* **3.** ауыс. *Бас салып айырылмау.* **4.** ауыс. *Қиылып сұрап, өтіну, жалыну, қыр соңынан қалмау.* **5.** ауыс. *Бір пәлеге душар болу, тап болу, пәле-жалаға кезігу.*

**Жабыса тұну.** биол. *Әртүрлі сұйықтардағы бактериялардың (тірі, өлі жасушаларының), қан түйіршіктерінің антиденелер – агглютининдердің арқасында бір-біріне жабысып тұнуы.*

**ЖАБЫСҚАҚ**[1] зат. *Биттің сіркеден гөрі үлкендеу, ұсақ түрі.*

**ЖАБЫСҚАҚ**[2] сын. **1.** *Жуысқан жерінен ұстасып ажырамайтын.* **2.** ауыс. *Кісіні жалықтырып, қыр соңынан қалмайтын.*

**Жабысқақ балық.** зоол. <грек. echeneidae> *Алабұға тәрізділер тобына жататын, денесі ұзынша, тұрқы 30-90 см болатын теңіз балықтарының бір тұқымдасы.* **Жабысқақ қандыағаш.** өс. <лат. alnus qlutinosa> *Қайыңдар тұқымдасына, қандыағаш туысына жататын бір үйлі ағаш.*

**ЖАБЫСҚАҚ**[3] зат. жерг. *Жеңіл киімнің түймелері.*

**ЖАБЫСҚАҚ**[4] зат. өс. *Сыпырынды тасталған жерде, қораның орнында өсетін, біржылдық арамшөп.*

**ЖАБЫСҚАҚТЫҚ**[1] зат. **1.** *Тиген жерінен ажырамайтын қасиет.* **2.** ауыс. *Кісіге жармаса кетіп, мезі ететін, ығыр қылатын мінез.*

**ЖАБЫСҚАҚТЫҚ**[2] зат. мет. <adhaesio – жабысу> *Фагоцитоз процесі кезінде қармалатын заттардың (бактериялардың, қызыметін тоқтатқан жасушалардың немесе олардың бөліктерінің) ұлпалар макрофагтары (моноциттер туындылары) мен микрофактардың (лейкоциттер) плазмолеммаларына жабысуы; плазмалық жарғақшаның химиялық құрамына қарай жасушалардың бір-біріне және түрлі субстраттарға жабысу қасиеті.*

**ЖАБЫСҚЫР** зат. *Жетпегір мәніндегі қарғыс сөз.*

**ЖАБЫСҚЫШ** сын. **1.** *Жуысқан күйде жапсырылып, жармаса кеткіш.* **2.** ауыс. *Бірге ілесіп жүрген, ұмыт болмайтын.*

**ЖАБЫСҚЫШТЫҚ** зат. *Бірден жапсырылып, жұғыса кететіндік.*

**ЖАБЫСПАҚ** сын. сөйл. ***Жабысқақ***.

**ЖАБЫСТЫР=** ет. **1.** *Беттестіру, біріктіру.* **2.** *Желімдеу, жапсыру.* **3.** ауыс. *Тар киім кию.* **4.** ауыс. *Қолын алмау, жармасу.*

**ЖАБЫСТЫРУ** *Жабыстыр етістігінің қимыл атауы; желімдеу, жапсыру.*

**ЖАБЫСТЫРЫЛ=** ет. *Желімделу, бір нәрсеге беттестірілу, тағылу.*

**ЖАБЫСУ** *Жабыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желімделу.* **2.** ауыс. *Қол сұғу.* **3.** ауыс. *Соңынан қалмау, жармасу.*

**Жабысу жылдамдығы**. биол. *Минерал бөлшектерінің ауа көпіршіктеріне жабысуы үшін қажетті ең аз уақытты анықтайтын көрсеткіш.*

**ЖАБЫСЫҢҚЫ** сын. *Жапсырыңқы, жуысыңқы.*

**ЖАБЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл жапсырылыңқырау, жуысыңқырау, жармасыңқырау.*

**ЖАБЫТТА=** ет. жерг. *Тасалау.*

**ЖАҒА** зат. **1.** *Киімнің мойын үстіне түсетін бөлігі.* **2.** *Су арнасының кемері, жиегі.* **3.** *Жолдың шеті.* **4.** ауыс. *Сүйеніш, тірек, қамқор.*

**Жаға аккумуляциясы**. геол. *Толқындар мен олар туындататын ағыстардың әрекетінен толқын алаңында тасындылардың жиналуы.* **Жаға буды болды.** *Басым түсе алмай, тайталасты.* **Жағадан алды [жағасына қол салды, жармасты].** а) *Дөрекілік істеп, дүрсе қоя берді.* ә) *Асықтырды, жан алқымға алды, қысты.* **Жаға жұрт.** *Қалың жұрт (көпшілік).* **Жаға жыртысты [жыртылды].** *Қол жұмсасты, төбелесті.* **Жағасы бүтін.** *Абыройлы, қадірлі.* **Жағасы жайлауға кетті.** а) *Алқа-салқа болды, түймесін ағытып, қалай болса солай отырды.* ә) *Шалқыды, тасыды.* **Жағасы жайлау, төбесі қыстау [көктем] болды.** *Уайым-қайғысыз, жайбарақат күй кешті.* **Жағасы жайлау, төсі өріс.** *Мол өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік; жайбарақат күйде күн кешу.* **Жағасы жақыт кіреуке, жібісі жетіп жүн болғанша.** *Шыдамның, төзімнің жеткенінше (бұл жерде мейлінше төзу, әбден шыдас беру мағынасында айтылып тұр).* **Жағасы кеңіді.** *Еркіндік тиіп, көңілі жайланды.* **Жағасына түкірді.** ырым. *Жақсылыққа кезігеді, жол болады деген мағынада.* **Жағасын ұстады.** *Шошынып, аң-таң болды, қайран қалды.* **Жағасы сөгілді.** *Абыройы кетті, елдігі ыдырады.*

**ЖАҒАЖАЙ** зат. **1.** *Су жағалауының, су толқындары әсерінен болып тұратын, жылжымалы майда тастар, құмдар мен ұлутастар жиынтығы кездесетін жағалаудың судан биік бөлігі.* **2.** *Кез келген су қоймасының, ағын судың түсіп шомылуға жайлы, еңісі жалпақ, жаға беткейі.* **3.** *Теңіз, көл, су қоймасы, бөгет немесе өзен жағалауларында шомылуға, күнге қыздырынуға арнайы жабдықталған орын.* **4.** *Тасындылар (бос құм, қиыршық тас және т. б.) қабаты жапқан, толқынның бұзылу зонасы мен ең күшті су ұру сызығы арасында орналасқан суқойма (теңіз, көл, бөген) жағалауының көлбеу жазық пішінді келген бөлігі.*

**Жағажай волейболы.** спорт. *Үлкен волейболдың барлық ережелеріне сай құмды жағадағы көлемі кәдімгідей алаңда өтетін ойын.*

**ЖАҒАЖЕЛ** зат. жаңа. [фр. brise] *Үлкен көлдер мен теңіздердің жағасынан соғатын жел.*

**ЖАҒА-ЖЕҢ** зат. *Киімнің мойын үсті мен қол ұшына түсетін бөлігі.*

**ЖАҒА-ЖЕҢСІЗ** сын. *Жаға-жеңі жоқ.*

**ЖАҒА-ЖИЕК** зат. *Судың кемері, жағалауы, шеті.*

**ЖАҒАЙЫМДАН=** ет. жерг. ***Жағымпаздану***.

**ЖАҒАЙЫМСЫНУ=** ет. жерг. *Жағымсыну.*

**ЖАҒАЛ** сын. *Жақ, мойын жүні солғын ғана, жолақ-жолақ боп келетін қошқыл сары түс.*

**ЖАҒАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің жиек шетін бойлап жүру.* **2.** *Қолдан-қолға көшу, тегіс аралау.* **3.** *Байқап көру, төңіректеу, сағалау, айналсоқтау.* **4.** *Долбалау, шамалау.*

**ЖАҒАЛАҒЫШ** сын. *Біреуді төңіректеп, сағалағыш.*

**ЖАҒАЛАЙ** үст. *Шетінен, түгелдей, жаппай, тегіс.*

**ЖАҒАЛАҢ** зат. жерг. *Былғарыдан қапталған сандық, жағлан.*

**ЖАҒАЛАС** зат. *Жанжалды тайталас, алыс-жұлыс айқас.*

**ЖАҒАЛАС=** ет. **1.** *Тайталасу, айқасу, күресу.* **2.** *Қосамжарланып араласу, қоса қабаттасу.* **3.** *Ойнақ салып, алысып-жұлысу.* **4.** ауыс. *Асып-тасу, сыймау.*

**ЖАҒАЛАС-ЖҰЛҚЫЛАС=** ет. *Таласып, тайталасу.*

**ЖАҒАЛАСТЫР=** ет. *Айқастыру, қоса қабаттастыру.*

**ЖАҒАЛАСТЫРУ** *Жағаластыр етістігінің қимыл атауы; қоса қабаттастыру, араластыру.*

**ЖАҒАЛАСУ** *Жағалас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айқасу, күресу, соғысу.* **2.** а у ы с. *Асып-тасу.*

**ЖАҒАЛАТ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің жиегін, шетін бойлай жүргізу.* **2.** *Кезектеп ретімен ұсыну, қолдан-қолға жүргізу.* **3.** а у ы с. *Білгісі келіп, ептеп суыртпақтау.*

**ЖАҒАЛАТУ** *Жағалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒАЛАУ[1]** з а т. **1.** *Сулы алап жанындағы құрлық жиегі.* **2.** т е р м. *Құрлық пен су алабының өзара әрекеттестігінен қалыптасқан жербедер пішіндерімен сипатталатын, мұхит (теңіз, көл) жиектеріне жапсарлас созылған белдеу.* **3.** а у ы с. *Әр жақ, түрлі шет.*

**Жағалау артиллериясы.** ә с к. *Маңызды нысандарды, аралдарды, бұғаздарды, әскери-теңіз базаларын қорғау мақсатымен жау кемелеріне қарсы ұрыс жүргізетін және теңіз маңындағы құрлық әскерлерін демеуге арналған артиллерия түрі.* **Жағалау белдемі.** *Теңіз бен құрлықтың бір-бірімен тоқайласқан жері.* **Жағалау күзеті.** ә с к. *Кейбір елдердің Қарулы Күштеріндегі су үстімен өтетін шекараны, теңіз, өзен байлығын күзету үшін қолданылатын арнайы әскер түрі.* **Жағалау маңындағы сауда.** *Іргелес мемлекеттердің шекара маңындағы аудандарда (құрлық және теңіз шекарасы бойында) орналасқан кәсіпорындары мен ұйымдары осы мемлекеттердің арасындағы сауданы мемлекеттік реттеудің ерекше жеңілдікті режимін беру туралы келісімдер негізінде жүргізетін сауда.* **Жағалау сулары.** *Көл, теңіз жағасына таяу жататын белдемінің (ені ондаған метрден бірнеше километрге дейін) жерасты сулары.* **Жағалау сызығы.** *Су алабы мен құрлық арасындағы шекара.*

**ЖАҒАЛАУ[2]** *Жағала етістігінің қимыл атауы; бір нәрсенің жиек шетін бойлап жүру.*

**ЖАҒАЛАУЛЫҚ** с ы н. *Жағалауға қатысты, тән.*

**Жағалаулық шөгінділер.** г е о л. *Жаға белдемінде пайда болатын, қабаттылығы әртүрлі аккумуляциялық жиылымдар.*

**ЖАҒАЛДА=** е т. *Үстін-басын былғау, айғыздап, кір қылу.*

**ЖАҒАЛДАН=** е т. **1.** *Айғызданып қалу, кір болу, былғану, жұғу.* **2.** а у ы с. *Әр жерден бір жағаланып көріну, жұқалтаң тарту.*

**ЖАҒАЛДАНУ** *Жағалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒАЛ-ЖАҒАЛ** с ы н. *Айғыз-айғыз, кір-кір.*

**ЖАҒАЛТАЙ[1]** з а т. з о о л. <грек. falco subbuteo> *Лашын тектес өте ұшқыр, сүйрік қанатты, қара жасыл кішкене қыран құс.*

**ЖАҒАЛТАЙ[2]** з а т. ө с. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАҒАЛТАЙДАЙ** с ы н. *Жағалтай сияқты.*

**Жағалтайдай жайтаңдау.** *Сылаңдау, қылшылдау.*

**ЖАҒАЛШАҚШАҚ** з а т. з о о л. <лат. saxicola ruberta> *Торғай тәрізділер отряды сайрауықтар тұқымдасына жататын құс.*

**ЖАҒАЛЫ** с ы н. *Жағасы бар, жаға салынған.*

**Жағалы ел.** *Жұртқа әйгілі, іргелі, мықты халық, қауым.* **Жағалы жау.** *Азулы, күшті дұшпан.* **Жағалы киім.** *Құнды, қымбат сырткиім.*

**ЖАҒАЛЫҚ[1]** з а т. *Сулы алап жанындағы жер шеті.*

**Жағалық база.** ә с к. *Жағалауда, портта, ықтырмада тұрған кемелерді тылдық қамтамасыз етуге арналған әскери бөлім.* **Жағалық белдем.** г е о г р. *Құрлықтың су айдынына (тоған, бөген, өзен, көл, теңіз, мұхит) жанасып жатқан бөлігі.* **Жағалық беткей.** *Құрлықтың теңіз жағасына ұмсынған биік әрі тік беткейі.* **Жағалық жал.** г е о г р. *Суқойманың жағасын бойлай созылған, соқпа толқындар ағысының әрекетінің пайда болған жер бедері.* **Жағалық қайраң.** г е о г р. *Теңіздің немесе көл жағалауларының саяз бөлігі, өзен арнасындағы тосқындар жиынтығы.* **Жағалық морена.** г е о г р. *Таудағы аңғарлық мұздықтың толық немесе бүйірлік шетінің жарым-жартылай еруінің нәтижесінде қалыптасатын және тізбек немесе баспалдақ түрінде аңғар беткейлерінен бойлай шөккен морена.* **Жағалық ойнады.** *Су жиегінде бірін-бірі қуып жетіп, қол тигізіп, асыр салды.* **Жағалық процестер.** г е о г р. *Жағалық аймақта су ағысының (толқулар, лықсу-қайту және су алабы) әрекетінен болатын табиғи процестер.* **Жағалық сызық.** *Құрлық пен су аралығындағы жиек сызық.* **Жағалық терраса.** *Жағаның сатыланып келген кемері.* **Жағалық үймек.** г е о г р. *Малтатасты, құмды-малтатасты, құмды және бақалшақты аласа (биіктігі бірнеше см-ден бірнеше м-ге дейін) қырқа.* **Жағалық шағылдар.** г е о л. *Теңіз не өзен жағалауларында жел айдап үйген құм жалдары.* **Жағалық эрозия.** г е о л. *Өзен бойлары беткейлерінің, жағалауларының суға шайылудан бұзылу үдерісі.*

**ЖАҒАЛЫҚ[2]** з а т. ж е р г. *Әйелдер көйлегінің жағасына бастыра тігетін өрнекті, гүлді кесте.*

**ЖАҒАН** з а т. ж е р г. *Тіл.*

**ЖАҒАР** з а т. к ө н е. *Айқай-шу.*

**ЖАҒАРМАЙ** з а т. т е х. *Мәшине тетіктерінің арасындағы үйкелісті азайту үшін пайдаланылатын мұнай қосындысы, бензин.*

**ЖАҒАСТАЙ: жағастай дембеті.** ө с. <грек. mertensia dshagastanica> *Айлауық тұқымдасы дембет туысына жататын көпжылдық көлеңке сүйгіш өсімдік.*

**ЖАҒАСЫЗ** с ы н. *Жаға салынбаған, жағасы жоқ.*

**ЖАҒАШАҒЫЛ** з а т. г е о г р. *Желдің әсерінен пайда болған жал құм.*

**ЖАҒДАЙ** з а т. **1.** *Хал-ахуал, тұрмыс-жай.* **2.** ф и л о с. *Адам әрекетінің айналадағы ортаның ықпалына тәуелділігін білдіретін философиялық ұғым.* **3.** ә с к. *Операцияға (ұрысқа) дайындық кезеңі.* **4.** *Нақтылы жай-күй, қалып.* **5.** *Кездейсоқ оқиға, іс.* **6.** *Оқиға желісіндегі белгілі бір сәт, кез.* **7.** *Қолайлы мүмкіндік, ыңғайлы жай-күй.*

**Жағдайға орай басқару.** э к о н. *Белгіленген жоспарлы кезеңде емес, өткізудің әлеуетті проблемаларының пайда болуына қарай стратегиялық шешімдер қабылдау.* **Жағдайды бағалау.** ә с к. *Операцияның (ұрыстың) міндетін орындау мен мақсатына жетуге әсер ететін факторлар мен жағдайларды зерттеп талдау.* **Жағдайы кем.** ж е р г. *Халі нашар.*

**ЖАҒДАЙЛА=** е т. *Ыңғайлы етіп икемдеу, бейімдеу.*

**ЖАҒДАЙЛАС=** е т. *Икемделу, ыңғайға қарасу.*

**ЖАҒДАЙЛАСТЫР=** е т. *Икемдестіру, реттестіре орналастыру.*

**ЖАҒДАЙЛАСТЫРУ** *Жағдайластыру етістігінің қимыл атауы; жайластыру, реттестіру.*

**ЖАҒДАЙЛАСТЫРЫЛ=** е т. *Икемдестіріліп орналастырылу, жайластырылу.*

**ЖАҒДАЙЛАСУ** *Жағдайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒДАЙЛАУ** *Жағдайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒДАЙЛЫ** с ы н. **1.** *Керекті, қажетке қолайлы, ыңғайлы.* **2.** *Жайлы, тиімді.*

**ЖАҒДАЙСЫЗ** с ы н. **1.** *Жағдайы жоқ, халі нашар.* **2.** *Орынсыз, ыңғайсыз, қолайсыз.* **3.** *Пайдасы жоқ, тиімсіз, жайсыз.*

**ЖАҒДАЙСЫЗДАН=** е т. *Ыңғайсыздану, қолайсыздану.*

**ЖАҒДАЙСЫЗДАНУ** *Жағдайсыздан етістігінің қимыл атауы; жайсыздану, ыңғайсыздану.*

**ЖАҒДАЙСЫЗДЫҚ** з а т. **1.** *Шаруаға ыңғайсыз, қолайсыздық.* **2.** *Тиімсіздік, жайсыздық.*

**ЖАҒДАЙШЫЛ** с ы н. *Қошеметшіл, жағымпаз, жарамсақ.*

**ЖАҒДАН[1]** з а т. **1.** к ө н е. *Сыртын қаңылтырмен әдемілеп қаптаған сандық.* **2.** ж е р г. *Киізден істелген сандық қап.*

**ЖАҒДАН[2]** з а т. *Алтын шеккен түйе қомы, сәнді жабу.*

**ЖАҒДАУ** з а т. *Кемеледің екі жақ жан, борт.*

**ЖАҒДАЯТ** з а т. **1.** п е д. *Субъектінің белсенділігіне негіз болып, ынталандыратын, оған қатысы жөнінен сыртқы жағдайлар жүйесі.* **2.** с ө й л. ***Жағдай.*** **3.** *Күтпеген жерден болып қалатын уақиға, жай, ситуация.* **4.** л и н г в. *Сөйлеу кезінде болатын коммуникативтік ситуация.*

**ЖАҒЛАН** з а т. с ө й л. ***Жағылан.***

**ЖАҒРАФИЯ** [ир. جغرافی] з а т. с ө й л. ***География.***

**ЖАҒРАФИЯЛЫҚ** с ы н. с ө й л. ***Географиялық.***

**ЖАҒУ[1]** *Жақ етістігінің қимыл атауы; отты тұтату, жандыру, пешті қыздыру.*

**ЖАҒУ[2]** *Жақ етістігінің қимыл атауы; жұқалап жаю.*

**ЖАҒУ[3]** *Жақ етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒУЛЫ** с ы н. ф о л ь к. *Көңілден шыққан, ұнаған.*

**ЖАҒУШЫ** з а т. *Пеш, от жағушы.*

**ЖАҒЫДАН** з а т. ж е р г. *Алтынды, күмісті сандықшаның киізден жасалған тысы, сандыққап.*

**ЖАҒЫЗ=** е т. **1.** м а л ш а р. *Сүтке жарымаған жас төлге екінші бір ененің сүтін емізу немесе бауырына салу.* **2.** а у ы с. *Теңдікке қолын жеткізу, көкірек-көзін ашу.*

**ЖАҒЫЗДЫР=** е т. *Төлді басқа ененің бауырына салдыру, басқа малдың сүтін еміздіру.*

**ЖАҒЫЗДЫРУ** *Жағыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫЗУ** *Жағыз етістігінің қимыл атауы; жас төлге екінші бір ененің сүтін емізу.*

**ЖАҒЫЛ[1]=** е т. **1.** *От тұтатылу, отын жұмсалу.* **2.** а у ы с. п о э т. *Сезімнің оянуы.* **3.** а у ы с. *Жайнап, жарқырау.*

**ЖАҒЫЛ[2]=** е т. *Үйкелу, тамызылу. сызылу, боялу, жұқтырылу.*

**Жағылмаған күйе [жабылмаған жала] жоқ.** *Кінәсіз, жазықсыз айып тағылу.*

**ЖАҒЫЛАН** з а т. к ө н е. *Қайыстан, теріден, былғарыдан істелген әбдіре, сандық.*

**ЖАҒЫЛУ** *Жағыл етістігінің қимыл атауы; от тұтатылу, жандырылу.*

**ЖАҒЫМДЫ** с ы н. **1.** *Көңілден шығатын ұнамды, сүйкімді.* **2.** *Аңқыған, жұпар (иіс).* **3.** *Пайдалы, сіңімді.*

**Жағымды кейіпкер [қаһарман, образ].** ә д е б. *Әдеби шығармадағы ұнамды бейне.*

**ЖАҒЫМДЫ-ЖАҒЫМСЫЗ** с ы н. *Ұнамды-ұнамсыз, жақсы-жаман.*

**ЖАҒЫМДЫЛЫҚ** з а т. *Көңілден шығатын ұнамдылық, сүйкімділік.*

**ЖАҒЫМПАЗ** с ы н. э к с п р. *Жағыну үшін жалбақтайтын қошеметшіл, жарамсақ.*

**ЖАҒЫМПАЗДАЙ** с ы н. *Жағымпаз сияқты.*

**ЖАҒЫМПАЗДАН=** ет. *Жағынып жалбақтау, жарамсақтану.*

**ЖАҒЫМПАЗДАНУ** *Жағымпаздан етістігінің қимыл атауы; жарамсақтану, жақсы атану.*

**ЖАҒЫМПАЗДЫҚ** зат. **1.** *Жағыну үшін істелетін қошеметшілдік, жарамсақтық, жағымпаз болушылық.* **2.** псих. *Адам мінезіндегі жағымсыз сипат, оның өзінен қызметі жоғары адамдарға жақсы көріну үшін шектен тыс қошемет көрсетушілік.*

**ЖАҒЫМПАЗСУ** *Жағымпазсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫМПАЗСЫ=** ет. *Жағымсақтану, жарамсақ болғансу.*

**ЖАҒЫМСУ** *Жағымсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫМСЫ=** ет. экспр. *Жылмаңдап жалбақтау, жақсы атты болып көріну.*

**ЖАҒЫМСЫЗ** сын. **1.** *Сүйкімі жоқ, ұнамсыз.* **2.** *Қолайсыз, жайсыз, келіссіз.* **3.** *Құлаққа жат, қатқыл.* **4.** *Денсаулыққа жақпайтын, улы.*

**Жағымсыз кейіпкер [образ].** әдеб. *Әдеби шығармадағы ұнамсыз бейне.* **Жағымсыз сұраным.** экон. *Сатып алушылар белгілі бір тауарды теріске шығаратын сұраным.*

**ЖАҒЫМСЫЗДАУ** сын. *Сүйкімсіздеу, құлаққа жайсыздау.*

**ЖАҒЫМСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Сүйкімсіздік, ұнамсыздық.* **2.** *Жақтырмаушылық.* **3.** *Тиімсіздік, жайсыздық.*

**ЖАҒЫМСЫН=** ет. *Жарамсақтану, жағыну, жақсы көрінгенсу.*

**ЖАҒЫМСЫНУ** *Жағымсын етістігінің қимыл атауы; жағыну.*

**ЖАҒЫМТАЛ** сын. жерг. *Кісіге жаққыш, ұнағыш.*

**ЖАҒЫМТАЛДЫҚ** зат. жерг. *Өзгеге жаққыштық, ұнағыштық.*

**ЖАҒЫМТАЛСЫ=** ет. *Жақсы көрінгенсу, ұнағансу.*

**ЖАҒЫН** зат. хим. *Қалыпты жағдайда қатқыл яки қатты күйін сақтайтын желімдік қасиеті бар күрделі құрамды зат.*

**ЖАҒЫН=** ет. **1.** *Жұпар майын себіну, бояну.* **2.** *Қалайда ұнауға тырысу, жағымпаздану, жарамсақтану.*

**ЖАҒЫНҒЫШ** сын. *Ұнауға тырысқыш, жарамсақтанғыш.*

**ЖАҒЫНДЫ¹** зат. *Ыдысқа тамызып алған кішкене тамызынды.*

**ЖАҒЫНДЫ²** зат. мед. жаңа. *Әйел жатырынан лабораториялық талдауға алынатын сұйықтық.*

**ЖАҒЫНУ** *Жағын етістігінің қимыл атауы; жағымпаздану.*

**ЖАҒЫНУШЫ** зат. *Ұнауға тырысушы, жағымпазданушы.*

**ЖАҒЫНЫМПАЗ** сын. сөйл. ***Жағымпаз.***

**ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЙ=** ет. *Тәуелді болып, жалынып-жалбарыну.*

**ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЮ** *Жағынып-жалпай етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫНЫШТЫ** сын. *Басыбайлы, міндеткер, тәуелді, жалынышты.*

**ЖАҒЫНҚЫРА=** ет. *Ұнаңқырау, көңілінен шығыңқырау.*

**ЖАҒЫПАР** зат. діни. *Құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі; Жаппар.*

**ЖАҒЫР** зат. *Қара нәсілді тайпаның аты.*

**ЖАҒЫС** зат. жерг. *Өзеннің, теңіздің жағасындағы қайыққа мінетін қолайлы орын.*

**ЖАҒЫС¹=** ет. *Отты, пешті, шамды бірге тұтандыру, жағуға көмектесу.*

**ЖАҒЫС²=** ет. **1.** *Байлаудағы төлін енесі келіп емізу.* **2.** ауыс. *Тіл табысу, ұғынысу.*

**ЖАҒЫС³=** ет. *Майлы затты, құрлыс материалын жұққызуға көмектесу.*

**ЖАҒЫСТЫР=** ет. **1.** *Енесі алмайтын немесе сүтке жарымайтын төлді қолдан еміздіру.* **2.** ауыс. *Бірімен-бірін жақындату, табыстыру.* **3.** *Өзара байланыс жасату.*

**ЖАҒЫСТЫРУ** *Жағыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫСУ** *Жағыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҒЫШ** зат. жерг. *Құрбандық, тасаттық (пұтқа атап шалатын құрбандық).*

**ЖАД¹** [ир. یاد] зат. *Адам баласына тән ой, ес, қапер.*

**Жад етті [қылды].** *Құлшылық етті, сиынды.* **Жад ету [қылу].** *Құдайды, пірлерді құлшылық етіп есіне алу.* **Жады берік.** *Сақ, есі мықты.* **Жадына алды.** *Еске түсірді, ойлады.* **Жадынан көтерілді.** жерг. *Ұмытты, есінен шықты.* **Жадынан шықты.** *Естен шықты, ұмыт болды.* **Жадына сақтады [ұялатты].** *Есте тұтты, ұмытпады.* **Жадына тоқыды.** *Ұғып-біліп, есте тұтты.* **Жадына тұтты [түйді].** *Есінен шығармай, ойында сақтады, ұмытпастай ұғып алды.* **Жадына түсірді.** *Есіне алды, көз алдына келтірді.* **Жадында жоқ.** *Ойында болмады, есінен шығып кетті.* **Жадында қалды.** *Ойдан кетпеді, естен шықпады, есте қалды.* **Жадында ұстады.** *Ойдан шығармады, есте тұтты.* **Жады тозған.** *Миы шаршаған, ұмытшақ болған.*

**ЖАД²** зат. инф. <ағыл. memory> **1.** *ЭЕМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданушыға беруге арналған бөлігі.* **2.** *Ақпаратты тұрақты немесе уақытша сақтайтын орын.*

**Жад аймағы.** инф. <ағыл. storage area> *Мәліметтердің бір немесе бірнеше үлестерін орналастыру үшін бөлінген жадтың адрестелетін элементтерінің тізбегі.* **Жад банкі.** инф. <ағыл. memory bank> *Мультипроцессорлық режімде жұмыс істейтін компьютерлерде – негізгі жадтың бір мәселеге бөлінетін ұяшықтарының жиынтығы.* **Жад блогы.** инф. <ағыл. storage block> *Жад кілті теліне алатын негізгі жадтың үзіліссіз аймағы.* **Жад диспетчері.** инф. <ағыл. memory manager> а) *Қатынас құруды басқаратын және жедел жад адрестерін түрлендіретін құрылғы.* ә) *Жүйедегі мәселелер арасында жадты бөліп-таратуды басқаратын программа.* **Жад картасы.** инф. <ағыл. memory map> а) *Жүйелік жадтың әртүрлі аймақтарының қызметтік міндетін көрсететін сурет, листинг немесе кесте.* ә) *Жад бөлігі қай программаны орналастыруға бөлінгенін көрсететін карта.* **Жадқа қатынау.** инф. <ағыл. storage access> а) *Ақпаратты сақтау және оқудың толық жүйесі.* ә) *Жадтан оқуға, жазуға немесе мәліметтер іздестіруге сұраныс жасау.* **Жад қорғанышы.** инф. <ағыл. memory guard> *Көппрограммалық өңдеу кезінде бір есептің мәліметтерін басқа мәселелердің бұзуынан сақтайтын аппараттық және программалық құралдар жиынтығы.* **Жад сыйымдылығы.** инф. < ағыл. memory capacity> *Компьютердің сақтаушы құрылғысында бір мезгілде сақталатын мәліметтің ең жоғарғы көлемі.* **Жад регистрі.** инф. <ағыл. storage register> *Ақпаратты уақытша сақтауға арналған орын, тіркеуіш.* **Жадты басқару.** инф. <ағыл. memory managment> *Жадты есепке алу және оны программалар арасында тарату, оған қатынас құруды жасақтау жүйесі.* **Жадты бұғаттау.** инф. <ағыл. memory lockout> *Жадтың шектеулі бөлігіне қатынас құруға тыйым салу.* **Жадты кеңейту тақшасы.** инф. <ағыл. memory expansion board> *Компьютер жадының сыйымдылығын арттыруға арналған құрылғы.* **Жадты қорғау кілті.** инф. <ағыл. storage protection key> *Программаға бөлінген жад бөліктеріне телінетін және жад блоктарына сәйкес келетін код.* **Жадтың кілті.** инф. *Операциялық жүйенің жад бөлігіне тағайындап беретін кілті, коды.* **Жадтың шапшаңдылығы.** инф. <ағыл. memory speed> *Ақпаратты шығарып оқуға, жазуға қажетті уақыт.* **Жадты тазалау.** инф. <ағыл. garbage collection> *Программамен пайдаланылмайтын жадтың блоктарын табу, жадты қайта үлестіру.* **Жад ұяшығы.** инф. а) *Жедел жадтың мәлімет сақталатын ең кіші қарапайым арестеу бөлігі;* ә) *Excel электорондық кестелерінің мәлімет енгізілетін торлары.*

**ЖАДА** сын. ***Ада*** *(азайған, жоқ болған, кеміген).*

**ЖАДА=** ет. **1.** *Еті жұқарып арықтау, жүдеу.* **2.** ауыс. *Күйі кетіп арып-ашу.* **3.** ауыс. *Ауырып-сырқау.* **4.** ауыс. *Жаны қиналу, мұңаю.*

**ЖАДАҒАЙ¹** зат. *Астарсыз тігілетін жеңіл, жұқа шапан, сырт киім.*

**ЖАДАҒАЙ²** сын. **1.** *Лыпасы жоқ жалаң, теп-тегіс, жайдақ.* **2.** *Әншейін айтылған, құр, бос (сөз).* **3.** *Тегістеу келген жайпақ, жалпақ.* **4.** ауыс. *Жайдақ, ойы таяз, білгені аз.*

**Жадағай арба [шана].** *Үсті ашық, қорабы жоқ жайдақ арба (шана).*

**ЖАДАҒАЙ-ЖАЙДАҚ** сын. *Жалаң күйде, ашық-шашық, ретсіз, қалай болса солай.*

**ЖАДАҒАЙДА** үст. *Әншейінде, жайшылықта.*

**ЖАДАҒАЙЛА=** ет. **1.** *Жайпақтап тегістеу, жайдақтау.* **2.** ауыс. *Сөздің мәнін жұмсартып, жуып-шаю.*

**ЖАДАҒАЙЛАН=** ет. *Тегістеле біту, жайпақтала, жалпақтала келу.*

**ЖАДАҒАЙЛАНУ** *Жадағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДАҒАЙЛАТ=** ет. *Сөздің, істің мәнін кетіріп, жайдақтатып жіберу.*

**ЖАДАҒАЙЛАТУ** *Жадағайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДАҒАЙЛАУ¹** сын. **1.** *Тегістеу, жайдақтау, үстіртіндеу.* **2.** ауыс. *Мәнсіздеу, тояздау.* **3.** ауыс. *Жайдақтау, жұмсақтау.*

**ЖАДАҒАЙЛАУ²** *Жадағайла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жайдақтау, тегістеу.* **2.** ауыс. *Сөздің мәнін жұмсартыңқырау.*

**ЖАДАҒАЙЛЫҚ** зат. **1.** *Бірқалыпты жайдақтық.* **2.** ауыс. *Жалаңдық.*

**ЖАДАЛ** зат. ескікіт. *Күрес, соғыс.*

**ЖАДАҢ** сын. сөйл. ***Жадау.***

**ЖАДАП-ЖҮДЕ=** ет. *Күйі кетіп шаршапшалдығу, арып-ашу; әлсіреу.*

**ЖАДАП-ЖҮДЕГЕН** сын. *Күйсіз, сүреңсіз, сиқы кеткен.*

**ЖАДАП-ЖҮДЕУ** *Жадап-жүде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДАУ¹** зат. жерг. *Тоған, арық.*

**ЖАДАУ²** сын. **1.** *Ет жұқарып арықтаған, азған, жүдеген.* **2.** *Күйі кетіп азып-тозған, әлсіреген.* **3.** ауыс. *Мәнсіз, ретсіз, әрсіз.*

**Жадау иін, жұтаң жұрт.** *Жүдеу, әлсіз, нашар топ.* **Жадау иін, жыртық өкпе.** *Жұпыны, жүдеу.* **Жадау тартты.** *Мұңайды, жаны жүдеді.*

**ЖАДАУ³** *Жада етістігінің қимыл атауы; жүдеу, арықтау.*

**ЖАДАУ-ЖҮДЕУ** сын. *Арып-ашқан, азып-тозған, жүдеген, жұпыны, сиқы кеткен.*

**ЖАДАУЛА=** ет. *Күйі кетіп жүдеу тарту; әлсіреу.*

**ЖАДАУЛАН=** ет. *Көңілі жүдеу тарту, жасу.*

**ЖАДАУЛАНУ** *Жадаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДАУЛАТ=** ет. *Көңілін жасыту.*

**ЖАДАУЛАТУ** *Жадаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДАУЛАУ** сын. **1.** *Жүдеулеу келген, арықтау.* **2.** *Қоңторғайлау, жұтаңдау, әлсіздеу.*

**ЖАДАУЛЫ** сын. *Әбден тозған, ескірген.*

**ЖАДАУЛЫҚ** зат. **1.** *Ет жұқарып арығандық, арықтық.* **2.** *Күйі кеткендік, жүдегендік, қажығандық.*

**ЖАДАУРА=** ет. *Көңілін аулау, жалпылдау.*

**ЖАДД** сын. ескікіт. *Ұлы, керемет.*

**ЖАДЕИТ** зат. кен. <франц. jadeite> *Силикаттар класындағы пироксендер тобына жататын минерал.*

**ЖАДЕИТИТ** зат. геол. *Бітімі - шомбал, таңдақты, құрылымы гранобластық жадеиттен тұратын мономинералды таужыныс.*

**ЖАДИД** [ар. جديد] зат. сөйл. ***Жәдид*** *(түркі тілдері үшін жеңілдетіп алынған қадимнен кейінгі араб жазу жүйесі).*

**ЖАДИДШІЛДІК** сын. сөйл. ***Жәдидшілдік.***

**ЖАДИЯР** зат. ескікіт. *Хабаршы.*

**ЖАДНАМА[1]** [ир. يادنامه] зат. ***Естелік.***

**ЖАДНАМА[2]** зат. жаңа. *Бір нәрсені ескерту және жасау туралы қысқа ереже-нұсқау жазылған кішкене парақша.*

**ЖАДСЫЗ: жадсыз автомат.** инф. *Жалғыз ғана ішкі қалып-күйі бар абстракті автомат, көп мәндік логиканың функциясы.*

**ЖАДУ[1]** зат. сөйл. ***Жады.***

**ЖАДУ[2]** сын. **1.** сөйл. *Сиқырлы.* **2.** ескікіт. *Залым, сұрқия.*

**ЖАДУАЛ** зат. жерг. *Бір нәрсе жөнін жүйелі кестелермен көрсететін мағлұмат (кесте).*

**ЖАДУЛАН=** ет. *Қаһарлану, арқалану.*

**ЖАДУЛЫҚ** зат. ескікіт. *Сиқыршылық.*

**ЖАДЫ[1]** [ир. جادو] зат. **1.** *Ескі наным бойынша, сиқырлы күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сырқат.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің құпия сыры, сиқыры.*

**ЖАДЫ[2]** зат. жерг. *Жазы, қом.*

**ЖАДЫАҒАШ** зат. жерг. *Қом ағаш, жазы.*

**ЖАДЫБАС** зат. *Басы айналған, дуаланған кісі, басқа біреу дуалаған адам.*

**ЖАДЫБАСТЫҚ** зат. *Дуалангандық, оқытылғандық, сиқырдың әсеріне шалдыққандық.*

**ЖАДЫГЕР[1]** [ир. يادگار] зат. *Ескерткіш, мұра, белгі.*

**ЖАДЫГЕР[2]** зат. *Жадына сақтағыш, ұмытпайтын адам.*

**ЖАДЫГӨЙ** сын. *Сиқырлап-дуалап, алдап-арбайтын сиқыршы.*

**ЖАДЫГӨЙЛЕ=** ет. *Көз байлап, алдап-арбау.*

**ЖАДЫГӨЙЛЕН=** ет. *Қуақылану, алдамсақтану.*

**ЖАДЫГӨЙЛЕНУ** *Жадыгөйлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДЫГӨЙЛІК** зат. *Алдап-арбаушылық, сиқырлық.*

**ЖАДЫГӨЙСУ** *Жадыгөйсі етістігінің қимыл атауы; алдағансу, жәдігөйсу.*

**ЖАДЫГӨЙСІ=** ет. *Алдап-арбаушы, сиқыршы болғансу.*

**ЖАДЫГӨЙСІН=** ет. *Жадыгөйлікке салынғансу, алдап-арбағансу.*

**ЖАДЫГӨЙСІНУ** *Жадыгөйсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДЫГӨЙШЕ** үст. *Жадыгөйге ұқсап, жадыгөй тәрізденіп.*

**ЖАДЫҒАТ** зат. *Түрлі құрылысқа қажетті шикізат, жабдық.*

**ЖАДЫЛА=** ет. *Бас айналдырып сиқырлау, арбап дуалау.*

**Жадылап алғандай.** *Сиқырлап, арбағандай.*

**ЖАДЫЛАН=** ет. *Дуалану, оқытылу, арбауға түсу.*

**ЖАДЫЛАУ** *Жадыла етістігінің қимыл атауы. Тылсым күшке ие адамның өз қасиетін теріс мақсатпен пайдаланып, өзге адамға ықпал етіп, есінен алжастыруы, оны ауруға душар етуі, дуалауы.*

**ЖАДЫЛЫ** сын. жерг. *Жазылы, қомды.*

**ЖАДЫЛЫҚ** зат. *Адамды дуалап, арбайтын сиқырлық.*

**ЖАДЫРА** зат. жерг. *Балық аулайтын аудың торы.*

**ЖАДЫРА=** ет. **1.** *Жайма-шуақтанып , көңілдену, жайнау.* **2.** ауыс. *Шат-шадыман болу, жайраңдап масайрау.*

**Жадырап сала берді.** *Көңілі көтерілді, қуанды.*

**ЖАДЫРАҢҚЫ** сын. **1.** *Жайма-шуақ.* **2.** *Жайдары-жарқын.* **3.** ауыс. *Көңіл-күйі көтеріңкі, шат-шадыман.*

**ЖАДЫРАҢҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жанға жайлы жайма-шуақтылық.* **2.** ауыс. *Көңіл-күйі көтеріңкілік, шат-шадымандылық.*

**ЖАДЫРАҢҚЫРА=** ет. *Көңіл-күйі көтеріліңкіреу, жайнаңдаңқырау.*

**ЖАДЫРАП-ЖАЙНА=** ет. *Көңіл-күйі көтерілу, ашыла түсу.*

**ЖАДЫРАП-ЖАРҚЫРАП** үст. *Шуақтанып, нұрын төге.*

**ЖАДЫРАС=** ет. *Көңілдері көтерілісіп, құлпырысып, жайнаңдасу, қуанысу.*

**ЖАДЫРАСУ** *Жадырас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДЫРАТ=** ет. *Тынысын кеңейтіп, көңілін көтеру, жүзін жайнатып, көңіл-қошын өсіру.*

**ЖАДЫРАТУ** *Жадырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАДЫРАУ[1]** сын. *Көңілді, көтеріңкі, шаттықты.*

**ЖАДЫРАУ[2]** *Жадыра етістігінің қимыл атауы; көңілі көтерілу, жүзі нұрлану.*

**ЖАДЫТАС** зат. *Малдың өтінде шорланып қалған минералдық қатты зат.*

**ЖАДЫСЫЗ** сын. *Жады жоқ, ессіз.*

**ЖАДЫСЫЗДЫҚ** зат. *Ессіздік, жадыгөйлік.*

**ЖАДЫШЫ** зат. *Жадытастың көмегімен жаңбыр жаудыра алатын қасиеті бар адам.*

**ЖАЗ** зат. **1.** *Көктемнен кейін келетін жылдың жылы, ыстық маусымы.* **2.** геогр. *Жер шары өз орбитасының жазғы күн тоқырау нүктесінен күн мен түннің күзгі теңелу нүктесіне дейінгі аралығында болатын жылдың төрт мезгілінің бірі.* **3.** *Жаз айларына көктем мен күздің жылы кезеңдерін қосып есептегендегі жылдың жайлы мерзімі.* **4.** ауыс. *Жанға жайлы жылылық, жайнаған әдемілік.*

**Жаз аяғы.** *Жаз соңы, күздің басталатын шағы.* **Жаз бойы.** *Жаздай, күн суытқанша, көктемнен күзге дейін.* **Жазда жауған қардай.** бейн. *Қалың, жапалақтаған, аппақ.* **Жаздағы таңдай.** бейн. *Баяу да әдемі, ұзақ та жарық.* **Жаз дидарлы.** *Жүзі жылы, ашық-жарқын (кісі).* **Жаздың сарша тамызында.** *Шілденің нағыз ыстық кезінде (тамыз – араб сөзі, ыстық мағынасында).* **Жаз шыққанша.** *Жаз болғанша.* **Жаз шықты.** *Көктем бітіп, жаз келді, күн ысыды.*

**ЖАЗ[1]=** ет. **1.** *Ойлаған ойды әріп-таңбалармен қағаз я басқа нәрселердің бетіне түсіру.* **2.** ауыс. *Шығару, ойын ұйқастырып, үйлестіріп, келістіріп, өлең не болмаса басқа да көркем шығарма түрінде жеткізу; шығармашылықпен айналысу.* **3.** *Атап көрсету, жазып көрсетіп кету.* **4.** ауыс. *Діни наным бойынша адам тағдырының о бастан Алла тарапынан пешенеге белгіленіп қойылуы.* **5.** жағымсыз. *Арыз жазу, шағымдану.*

**Жазатын мәшине**. инф. *Мәліметтерді компьютерге енгізу мен оларды қағаз таспаға шығаруға абоненттік бөлімдерде компьютер операторының консолы ретінде пайдаланылатын сыртқы құрылғы.* **Жазған [жаппар] құлда жан [шаршау] бар ма?** көне. *Еш қажымайды, ертеңнен қара кешке дейін дамылсыз жұмыс істейді, тиісті міндетінен бас тартпайды.*

**ЖАЗ[2]=** ет. **1.** *Жаймалап тегістеу.* **2.** *Жиюлы, бүктеулі күйін ашып жаю.* **3.** *Бүгілген, бүрілген қалпын түзеу.* **4.** *Шатысып, ұйысып қалғанды талдап ажырату.* **5.** *Байлаулы қалыптан босату, шешу.*

**Жазбай таныды**. *Дәл басты, жаңылмай ажыратты, бірден білді.* **Жазып құйды**. жерг. *Үйге келген қонаққа ең соңғы рет сый аяқ шай құйды.*

**ЖАЗ[3]=** ет. *Ауру-сырқаттан, derттен айықтыру, сауықтыру, жараны емдеу.*

**ЖАЗ[4]=** ет. **1.** *Кінәлі, айыпты болу, жақпау.* **2.** *Бетінен жаңылу, бағдарынан айырау, адасу.* **3.** *Айну, алған бетінен тану, айырылу.*

**Жаза баспады.** *Жаңылмады, қателеспеді, дәл түсті.* **Жаза басты.** *Жаңсақ кетіп, жаңылды, қателесті.* **Жаза ұрды.** жерг. *Жаза басты, дәл түспеді.* **Жаздым, жаңылдым.** *Жаңсақ бастым, айыптымын.*

**ЖАЗА** [ар. جزاء] зат. **1.** *Қылмысы үшін тартатын айып, істеген күнәсінің азабы, өтеуі.* **2.** этн. *Қазақ қоғамына жат, оған істер үшін айыпты адамға тағайындалатын құқықтық шара, әдеттік құқықтың іргелі категориясы.* **3.** *Себепсіз азаптау, жапа.* **4.** *Кінә, жазық.* **5.** пед. *Тәлімгерді қандай да бір айыбы үшін жауапкершілікке тартудың бір түрі ретіндегі тәрбиелік мәні бар жазалау шарасы.* **6.** заң. <ағыл. penalty> *Сот үкімі бойынша қылмыс жасады деп танылған азаматарға қатысты әр елдің қылмыстық заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес қолданылатын мәжбүрлеу шарасы.* **7.** діни. *Дәстүрлі қазақы ортада жасаған пенделік күнәлары үшін адамның тірісінде де, ақыретте де сазайын тартады дейтін наным-сенімге байланысты шыққан моральдық-этикалық мәнді категория.*

**Жаза берді**. *Сазайының тартқызды, кінәсін өтетті, жазалады.* **Жазаға кіріптар қылмады.** *Жазаламады, жазаға тартпады, кінәламады.* **Жазаға ұшырады.** *Біреудің көріне кезікті, қаһарына душар болды.* **Жазадан босату**. заң. *Жеңілдететін мән-жайларды ескеру арқылы жазасы үшін еріксіз мәжбүрлеуді оңалту немесе болдырмау.* **Жазадан [жазаны өтеуден] босатылды.** заң. *Жеңілдететін мән-жайларды ескере отырып, жасаған қылмысы үшін мәжбүрлі айыбын өтеу немесе оны жеңілдетуге рұқсат алды.* **Жаза кесті.** *Жазалады, сот тарапынан жаза белгіледі, үкім шығарды.* **Жазасын алды.** *Тиісті сазайын тартты.* **Жазасын алу**. *Айып-кінәсін өтеу, сазайын тарту.* **Жазасын берді**. *Көресісін көрсетті.* **Жазасын беру**. *Көресісін көрсету, сазайын тарттыру.* **Жазасын кесу**. *Үкім шығару, жазалау, жаза белгілеу.* **Жазасы кесілді**. *Күні бітті, уақыты болды.* **Жазасын тапты**. *Айып-кінәсінің өтеуін берді, сазайын тартқызды.* **Жаза тартқызды**. *Сазайын, айыпсыбағасын берді.* **Жаза тартты**. а) *Сазайын алды, жазаланды, айыбын, кінәсін өтеді.* ә) *Істеген жазығы үшін айыпталды, мәжбүрлі түрде айыбын өтеді.*

**ЖАЗАБА: жазаба тиді**. ж е р г. *Қырсық шалды, бөлеге жолықты.*

**ЖАЗАГЕР** з а т. *Қылмыс істегенді айыптаушы, жазалаушы. // Жазалайтын, азаптайтын қанды қол.*

**ЖАЗАҒ** [ар. جزع] з а т. м и н. *Оникс, агат түрлес минерал.*

**ЖАЗАЙҰР** з а т. к ө н е. *Жынның аты.*

**ЖАЗАЙЫЛ** з а т. к ө н е. *Қамал қорғанысында, шайқаста қолданылатын, оқпаны үлкен қалибрлі, пілтелі мылтықтың ауыр түрі.*

**ЖАЗАДАЙ** с ы н. *Айып-жаза сияқты.*

**ЖАЗАЙЫН: жазайын берді.** с ө й л. *Сазайын тарттырды, айып-сыбағасын берді.*

**ЖАЗАЙЫМ** з а т. ж е р г. *Жаза, айып, кінә.*

**ЖАЗАКЕШІМ** з а т. ж а ң а. *Сотталған, қылмыс жасап істі болған адамға белгілі бір себептермен кешірім беру.*

**ЖАЗАЛА=** е т. **1.** *Айыпқа жығу, жазығы үшін соққыға душар қылу.* **2.** *Айыбын өтету, жауапқа тарту.*

**ЖАЗАЛАН=** е т. **1.** *Жазығы үшін айыпталу, жазаға тартылу.* **2.** *Азапталу, азап шегу, жаза тарту.*

**ЖАЗАЛАНДЫР=** е т. *Сазайын тарттыру, жазаға тарту.*

**ЖАЗАЛАНУ** *Жазалан етістігінің қимыл атауы; жазаға тартылу.*

**ЖАЗАЛАҢ** с ы н. ж е р г. *Біртегіс, жалпақ келген, тегістеу, кедір-бұдырсыз.*

**Жазалаң тартты.** *Қабағы ашылды, жадырады.*

**ЖАЗАЛАҢДА=** е т. ж е р г. *Тегістелу, кедір-бұдырсыздану.*

**ЖАЗАЛАС** с ы н. *Жазалары бір, айыптас, бірдей күнәлі (адамдар).*

**ЖАЗАЛАТ=** е т. *Жазаға тарттыру, жазасын бергізу.*

**ЖАЗАЛАТҚЫЗ=** е т. *Жазаға тартқызу, сазайын бергізу.*

**ЖАЗАЛАТҚЫЗУ** *Жазалатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗАЛАТТЫР=** е т. *Өзгенің қолымен сазайын тартқызу, жазасын бергізу.*

**ЖАЗАЛАТТЫРУ** *Жазалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗАЛАТУ** *Жазалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗАЛАУ**[1] з а т. п е д. *Баланың тәртібіндегі жағымсыз қылықтар мен әрекеттерге тыйым салып, оларды болдырмауға бағытталған педагогикалық ықпал ету тәсілдерінің бірі.*

**ЖАЗАЛАУ**[2] *Жазала етістігінің қимыл атауы; жауапқа тарту, айыптау.*

**Жазалау мәшинесі**. б е й н. ж а ғ ы м с ы з. *Жазалау отряды, зәбірлік көрсетуші қарулы топ.* **Жазалау отряды.** т а р. *Отарлаушы елдердің жергілікті халықты бағындыру үшін, басып-жаншу үшін құрған қарулы әскери қол.* **Жазалау саясаты**. с а я с и. *Мемлекетті қылмыстық-құқықтық реттеудің жаза кесу саласы бойынша тұжырымдары.*

**ЖАЗАЛАУСЫЗ** ү с т. *Айыбын өтеусіз, күнәсі үшін жауапсыз.*

**ЖАЗАЛАУШЫ** з а т. *Зорлық-зомбылық жасаушы, зәбірлік көрсетуші.*

**Жазалаушы отряд.** ***Жазалау отряды*** *(отарлаушы елдерде жергілікті тұрғындарды басып-жаншып, зәбір-жапа көрсету үшін жарақталатын әскери полициялық қарулы қол).*

**ЖАЗАЛЫ** с ы н. **1.** *Айыпты, кінәлі, жазықты. //* з а ң. *Белгілі бір мемлекеттің қылмыстық заңына сәйкес айыпкер, қылмысты саналатын адам.* **2.** *Жаза көруші, айыбын өтеуші, азапталушы.*

**ЖАЗАЛЫҚ** з а т. *Жазаға татырлық, айыбына берілетін өтеу.*

**ЖАЗАЛЫЛЫҚ** з а т. *Жазалы болушылық, айыпты болушылық, кінәлілік.*

**ЖАЗАҢ** з а т. **1.** *Біртегіс ашық жер, жазық алқап.* **2.** *Үсті тегіс, жайпақ, жазық.*

**ЖАЗАҢДАУ** с ы н. **1.** *Теп-тегістеу, ашықтау.* **2.** *Жазықтау, жайпақтау.*

**ЖАЗАҢҚАЙ** з а т. *Үсті тегіс алаңқай жер.*

**ЖАЗАРМАН** з а т. ж а ң а. *Жазушы; мақала жазғыш.*

**ЖАЗАСЫЗ** с ы н. **1.** *Жазығы жоқ, кінәсіз, нақақ, айыпсыз.* **2.** з а ң. *Істеген қылмысы үшін мәжбүрлеп жазаланбаған, айыпталмаған, сотталмаған. // Жазаламай, айыбын өтетпей. // Нақақтан нақақ, бостан босқа.*

**ЖАЗАТАЙЫМ** ү с т. **1.** *Аяқасты, байқаусызда, абайсызда.* **2.** *Қапелімде, кенеттен, кездейсоқ.* **3.** *Аяқастынан, күтпеген жерден.* **4.** *Жазыммен, жазым болып.*

**ЖАЗБА**[1] з а т. **1.** *Қолжазба, қағаз бетіне түскен жазу.* **2.** *Жолжазбалар, жол бойындағы ойлар, көрген-білгеннің тіркеліп қағазға түсірілген мәтіні.* **3.** и н ф. <ағыл. record> *Мәліметтер базасының бір немесе бірнеше өрісінде орналасып, өзара логикалық түрде байланысқан ақпараттардың толық бір құрылымдық бірлігі [Мыс., бір жұмысшының аты-жөні, адресі, телефоны т.б. жатады].* **4.** *Шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ ойындарында жүрістерді қағазға түсіріп отыру.*

**Жазба [бас] әріп**. *Кіші әріптен биіктігі үлкен, кейде сызылымымен де ерекшеленетін әріп.* **Жазбалар блогі**. и н ф. <ағыл. record block> *Ақпарат алмасу кезінде біртұтас берілетін тізбектік жазбалардың тобы.* **Жазбалар жинағы**. и н ф. <ағыл. record set> *Бір мәліметтер көзінен шығып, ортақ белгілеріне қарай таңдалып алынып жинақталған жазбалар тобы.* **Жазба жұмыс.** а) п е д. *Оқушылардың мұғалімнің тапсырмасы бойынша және жетекшілігімен, сондай-ақ өздігінен орындайтын жазбаша түрдегі жұмысы.* ә) *Оқытушылардың, мұғалімдердің жазбаша күнтізбелік жоспары, т.б. іс қағаздары.* **Жазба кілті**. и н ф. <ағыл. record key> *Файлдағы жазбаларды ұқсастыруға және оған тез қатынас құруға пайдаланылатын символдар жиынтығы.* **Жазбаларды иемдену.** и н ф. <ағыл. record locking> *Файлдың бағдарлама қолданып отырған бөлігі ғана бекітілетін файлды қамтудың түрі.* **Жазба сипаттамасы**. и н ф. <ағыл. record description> *Мәліметтерді сипаттау тәсілдерінің көмегімен бағдарламадағы жазбаның атауы мен атрибуттарын анықтау.* **Жазба тығыздығы**. и н ф. *Ұзындық, аудан, көлем бірлігіне келетін ақпарат мөлшерімен анықталатын ақпарат тасуыштың сипаттамасы.* **Жазба үстел.** *Жазуға, кітап оқуға арналған жиһаз түрі.*

**ЖАЗБА**[2] з а т. *Қағазға т.б. материалға таңбаланып жазу түрінде түсірілген тарихи, ғылыми т.б. құндылығы жоғары мұралар.*

**Жазба ақын.** *Суырыпсалма емес, жазып шығаратын ақын.* **Жазба әдебиет**. *Жазба түрдегі сөз өнері шығармашылық әрекетінің, әдеби ізденістің нәтижесі ретіндегі туындылардың жиынтық атауы.* **Жазба дәстүр.** а) *Емледегі жазба тілдегі алғашқы орфограмманы сақтап қалған жазу жүйесі.* ә) *Жазба ақындардың өлең ұйқастарындағы өзіндік дәстүр.* **Жазба деректер**. *Тарихи, ғылыми т.б. мәні бар жазылған күйдегі мұралардың мәліметтері.* **Жазба ескерткіштер**. л и н г в. *Жазба тіл қалыптасқанға дейінгі хатқа түскен, жазылған, басылған тарихи жазба мұралар.* **Жазба мәтін**. л и н г в. *Мәтіннің жазылған, басылған, қағаз бетіне түскен жазба тілдің графикалық, орфографиялық нормаларымен заңдастырылған нұсқасы.* **Жазба тіл.** *Жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік жүйесі мен дәстүрі бар кітаби тіл.*

**ЖАЗБА**[3]**: жазба дауыс.** ж а ң а. *Әншінің фонограммасы, өз дауысы.*

**ЖАЗБА-БЛОК** з а т. и н ф. *Компьютерлік бағдарламаның мәліметтер жазбасындағы мәліметтерді алмастыру бірлігі.*

**ЖАЗБАГЕР** з а т. *Хатқа түсіруші.*

**ЖАЗБАҒАН** с ы н. *Жазықсыз, жазығы жоқ.*

**ЖАЗБАЛАЙ** ү с т. с ө й л. ***Жазбаша.***

**ЖАЗБАЛЫ** с ы н. *Қағазға түсірілген, жазбаша.*

**Жазбалы тастар.** *Жазуы бар тастар, әріптер қашалып жазылған тастар.*

**ЖАЗБАХАТ** з а т. с ө й л. ***Қолхат.***

**ЖАЗБАША** ү с т. *Қағаз бетіне түскен күйде; құжат түрінде.*

**Жазбаша айтыс**. ә д е б. *Ерте замандағы шығыс поэзиясында (араб, парсы, моңғол т.б.) болған хат арқылы айтысу үрдісі.* **Жазбаша бұйрық.** *Жазба түрде, жазылып берілген, құжат түрінде ресімделген мекеме басшысының бұйрығы.* **Жазбаша деректер**. т а р. *Жазылған мәтіндер түрінде сақталған тарихи, ғылыми т.б. құнды мәліметтер.* **Жазбаша емтихан.** *Жазба сұрақтарға жазып жауап беретін, ауызша емес сынақ.* **Жазбаша жұмыс**. п е д. *Жазба түрде өткізілген емтихан.* **Жазбаша шарт.** *Ресми құжат түрінде белгілі бір бекітілген заңдарға сәйкес жазбаша рәсімделген екі жақ арасындағы келісім.*

**ЖАЗҒАН** с ы н. **1.** *Бейбақ, байғұс, бейшара.* **2.** *Ант соққан, ант ұрған, сорлы. // Байғұс адам, бейшара кісі.* **3.** *Жазықты, айыпты.*

**Жазған басым-ай.** с ө й л. э к с п р. *Өзін-өзі аяп, мүсіркеу мәнінде өзінің ауыр халін айтқанда «бейшарамын, байғұспын» деген мағынада қолданылатын сөз.* **Жазған құлда жазық жоқ [шаршау бар ма].** *Жұмыстан бас алмайды, екі айтқызбайды, шаршау дегенді білмейді.*

**ЖАЗҒАСАЛЫМ** з а т. *Жазға қарай, жаз шығарда, қыс өте.*

**ЖАЗҒЫ** с ы н. *Жаз кезіндегі.*

**Жазғы гүлдей түрленді.** б е й н. *Құлпырды, көз тартып жайнады.* **Жазғы [қысқы] демалыс.** *Оқушылардың, студенттердің оқу жылы ішінде, сессиядан кейін тынығатын уақыты.* **Жазғы жауындай.** б е й н. *Жылы, жанға жайлы; құйылған, төгілген деген мағынада.* **Жазғы кеш.** *Жаз мезгіліндегі жылы, жанға жайлы, ел жатуға асықпайтын уақыт.* **Жазғы күндей.** б е й н. *Жарық, жарқын, ашық, жайлы деген мағынада.* **Жазғы түскен сағымдай.** п о э т. *Құлпырып, жарқырап алыстан көз тартатындай.*

**ЖАЗҒЫЗ**[1]**=** е т. **1.** *Жаздыру, сөзін қағазға түсірту.* **2.** *Қарызға алып, белгілетіп қойдыру.*

**ЖАЗҒЫЗ**[2]**=** е т. *Жайдыру, төсеткізу.*

**ЖАЗҒЫЗДЫР=** е т. *Өзге адамға жаздыру, сөзін қағазға түсірту.*

**ЖАЗҒЫЗДЫРУ** *Жазғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗҒЫЗУ** *Жазғыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойын, сөзін, таңбасын қағазға түсірту.* **2.** *Шығарту, ойлап шығарту.*

**ЖАЗҒЫ-КҮЗГІ** с ы н. *Жаз бен күз кезгі, екі жыл мезгіліне қатысты.*

**ЖАЗҒЫ-ҚЫСҚЫ** с ы н. *Жаз бен қысқы кезгі, екі жыл мезгіліне де қатысты.*

**ЖАЗҒЫЛЫҚ** з а т. ж е р г. *Жаз кезі, жаздыгүні.*

**ЖАЗҒЫР=** е т. **1.** *Айыпты деп кінәлау.* **2.** *Жазалау, жазасын беру.*

**ЖАЗҒЫРТ=** е т. *Кінәлатқызу, күстәналатқызу.*

**ЖАЗҒЫРТУ** *Жазғырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗҒЫРУ** *Жазғыр етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Айыпты деп кінәлау.* **2.** *Жазалау.*

**ЖАЗҒЫРУШЫ** зат. *Айыптаушы, кінәлаушы. // Айыпты санайтын, кінәлайтын.*

**ЖАЗҒЫРЫЛ=** ет. *Айыпталу, жазалану.*

**ЖАЗҒЫРЫҢҚЫ** сын. *Кінәлірек, айыптылау.*

**ЖАЗҒЫТҰРҒЫ** сын. *Көктемгі, қыстан кейінгі.*

**Жазғытұрғы Жайықтай**. бейн. окказ. *Суы молайып, кенерінен тасыған, көктемдегі Жайық өзеніндей дарқан, шалқыған деген мағынада.* **Жазғытұрғы жасықтай.** бейн. *Қыстан титықтап зорға шыққан, жүдеп-жадаған малдай әлсіз, сылбыр деген мағынада.* **Жазғытұрғы қардай еріді.** бейн. *Бірте-бірте кеми түсті, азая берді.* **Жазғытұрғы сонадай буды.** бейн. *Жаз кезіндегі мал үстіне үймелеген қалың сонадай жан-жағынан бораді, әр тұстан қаптады.* **Жазғытұр [жазғытұрғы, жазғы] шуақ.** *Жаз шыға түсетін күн сәулесі.*

**ЖАЗҒЫТҰРЫ** зат. *Көктем кезі, жазға салым мезгіл.*

**ЖАЗҒЫТҰРЫМ** зат. *Қыс пен жаздың арасындағы мезгіл, көктем.*

**Жазғытұрым атқан таңдай.** бейн. *Көктемдегі таңдай жарық, жылы, нұрлы деген мағынада.*

**ЖАЗҒЫТҰРЫМҒЫ** сын. *Көктемгі, қыстан кейінгі жылы, жайлы кезгі.*

**Жазғытұрымғы қар суындай.** бейн. *Тарам-тарам болып жыраларға бөлінген көктемгі ерігенсудай сала-сала деген мағынада.* **Жазғытұрымғы өзендей**. бейн. *Көктемгі суы молайып тасыған өзендей асау, бағынбайтын, көнбейтін деген мағынада.*

**ЖАЗҒЫШ[1]** сын. **1.** *Тез жазып тастайтын, ойындағысын қағазға түсіруге құмар, бірден қағазға түсіргіш.* **2.** тех. *Таңбалап түсіргіш, таңбалаушы.*

**ЖАЗҒЫШ[2]** сын. *Жазылуды, түзелуді қамтамасыз ететін.*

**Жазғыш еттер**. анат. <лат. musculus extensor> *Аяқ пен қол буындарының жазылу қозғалысын қамтамасыз ететін бұлшық еттер тобы.*

**ЖАЗҒЫШТАР** зат. сөйл. экспр. кекесін. *Арыз, шағым жазуға дайын тұратын немесе газет, т.б. басылымдар арқылы біреуді, бір нәрсені сынап-мінеуге құмар адамдар мағынасында.*

**ЖАЗҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта жаза беру.*

**ЖАЗҒЫШТАУ** *Жазғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗҒЫШТЫҚ** зат. **1.** *Тез жаза қоятын қасиет.* **2.** жағымсыз. *Жаза беруге, бос жазуға құмарлық.*

**ЖАЗДА[1]=** ет. сөйл. *Жаз бойы бір жақта болып қайту.*

**ЖАЗДА[2]=** ет. *Етістіктерге тіркесіп «шақ қалды, сәл қалды» деген мәнді үстемелейтін көмекші сөз.*

**ЖАЗДАҒЫША** үст. *Жаз кезіндегіше.*

**ЖАЗДАЙ[1]** үст. *Көктем мен күз арасындағы мезгілде, бүкіл жаз бойы.*

**Ала жаздай.** *Бүкіл жаз бойы.*

**ЖАЗДАЙ[2]** сын. *Жаз сияқты жарқыраған.*

**ЖАЗДАЙҒЫ** сын. *Бүкіл жаз бойындағы.*

**ЖАЗДАУ[1]** зат. жерг. *Жайлау, жаздыгүні отыратын мекен, мал жайылымы.*

**ЖАЗДАУ[2]** *Жазда етістігінің қимыл атауы; іс-әрекеттің сәл ғана орындалмай қалуын көрсететін көмекші етістік.*

**ЖАЗДЫГҮН** үст. сөйл. ***Жаздыгүні.***

**ЖАЗДЫГҮНГІ** үст. *Жаз мезгіліндегі, жазғы.*

**Жаздыгүнгі сағымдай.** поэт. *Құлпырған, алыстан көзге түсетін, көркем.*

**ЖАЗДЫГҮНІ** үст. *Жаз айлары мезгілі.*

**ЖАЗДЫ-ЖАҢЫЛДЫ=** ет. *Кінәлі болды, айыпты болды, жаңылды, қате істеді.*

**ЖАЗДЫҚ[1]** зат. *Көктемде егілетін дәнді дақыл.*

**Жаздық бидай.** егіншар. *Тұқымы көктемде себіліп, жазда не күзде пісетін бидай.* **Жаздық дақылдар.** ауылшар. *Көктемде себіліп, сол жылы өнім беретін бір жылдық ауыл шаруашылық өсімдіктері.* **Жаздық капуста шыбыны.** зоол. <лат. hylemia floralis> *Шыбын тұқымдасына жататын жәндік, капуста тұқымдасының зиянкесінің бірі.*

**ЖАЗДЫҚ[2]** зат. жерг. *Жаз, жаздыгүні.*

**ЖАЗДЫҚ** сын. **1.** *Жаз мезгіліне лайық, жұқа, жеңіл (киім).* **2.** *Жаз кезінде тұруға арналған.* **3.** *Жаз кезіндегі, жаздағы.* **4.** *Көктемде егілетін.*

**ЖАЗДЫР[1]=** ет. **1.** *Жазғызу, сөзін қағазға түсірту.* **2.** *Шығарту, өлең-көркем мәтін түрінде жазғызу; шығармашылықпен тудыру (әнді т.б.).*

**ЖАЗДЫР[2]=** ет. *Аштыру, жайғызу.*

**ЖАЗДЫР[3]=** ет. *Адастыру, айныту.*

**ЖАЗДЫРҒЫШ** сын. *Адастырғыш, айнытқыш.*

**ЖАЗДЫРТ=** ет. **1.** *Сөзін, ойын қағазға түсірту.* **2.** *Жазғызып тіркету, тізімге алғызу.*

**ЖАЗДЫРТУ** *Жаздырт етістігінің қимыл атауы; сөзін қағазға түсірту.*

**ЖАЗДЫРУ[1]** *Жаздыр[1] етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Ойын, сөзін қағазға түсірту.* **2.** *Тіркету, есепке алдыру, жазып қойғызу.* **3.** *Шығарту, көркем туынды тудыру.*

**ЖАЗДЫРУ[2]** *Жаздыр[2] етістігінің қимыл атауы; жайғызу, тегістеу.*

**ЖАЗДЫРУ[3]** *Жаздыр[3] етістігінің қимыл атауы; адастыру, айныту.*

**ЖАЗДЫРЫЛ=** ет. *Жазғызылу, ойдың, сөздің қағазға түсіртілуі.*

**ЖАЗИРА** ар. зат. **1.** көне. *Арал, жан-жағын су басқан құрлық.* **2.** *Байтақ жатқан ен дала, кең аймақ. // Кең жатқан, жайылған, дарқан.* **3.** геогр. <грек. oasis> *Табиғи немесе жасанды суландыру нәтижесінде сақталған, шөл және шөлейт жерлердегі өсімдік өскен, шаруашылығы бар көгал жерлер.* **4.** ескікіт. *Шөл, сахара.*

**ЖАЗИРАДАЙ** сын. *Жазира сияқты шетсіз, кең шалқар, дархан.*

**ЖАЗИРАЛЫ** сын. **1.** *Ен далалы, кең шалқар.* **2.** ауыс. *Дархан, асып-тасқан, жайнаған.*

**ЖАЗМЫШ** зат. **1.** діни. филос. *Діни наным бойынша, әуелден белгіленіп қойылатын талай-тағдырдың бұйрығы, тағдыр иесінің жазуы.* **2.** *Қатыгез, қатал тағдыр, басқа түскен қиыншылық деген мағынада.*

**Жазмыштан озмыш [озбас] жоқ**. *Алланың пендесіне бұйырған, алдын ала белгіленген тағдырынан артық-кем ештеңе болмайды, басқа салғаннан ешқайда қашып құтыла алмайсың деген мағынада.*

**ЖАЗМЫШСЫЗ** сын. *Тағдырдың бұйрығынсыз.*

**ЖАЗТҰРЫМ** үст. жерг. *Жазғытұрым.*

**ЖАЗУ[1]** зат. **1.** *Хатқа түскен, тасқа басылған сөз, ой-пікірдің жазылған көрінісі.* **2.** *Жазып кеткені, жазып қалдырғаны, қолжазба.* **3.** *Бір адамға ғана тән өзіндік жазу үлгісі, жазуының ерекшелігі.* **4.** *Дыбыстарды таңбалайтын әріптер жүйесі, әліпби.* **5.** лингв. *Адам ой-пікірін, хабарын, мағлұматын қағаз, не басқа бір нәрсенің бетіне түсіретін арнайы графикалық таңбалардың жүйесі.* **6.** *Орфография, сөздерді дұрыс жазу ережелері.* **7.** *Жазба тіл.* **8.** ауыс. *Белгі, нышан.*

**Жазу дәптері**. а) *Мектеп оқушыларының жазба жұмыстарын орындауға арналған дәптері.* ә) *Қажет нәрсесін жазып алып жүретін дәптер.* б) *Әдебиет, тіл, тарих сияқты қоғамдық ғылымдар пәнінің жазба жұмыстарын арналған ұзын жол дәптер.* **Жазу үстелі.** *Жазу жазуға, оқуға арналған жиһаз түрі.*

**ЖАЗУ[2]** *Жаз[2] етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойды таңбалап, қағазға т.б. түсіру.* **2.** *Шығармашылықпен айналысу, көркем, ғылыми т.б. шығарма тудыру.* **3.** ауыс. діни. *Алланың басқа салуы, пенденің тағдырының алдын ала белгіленуі.*

**ЖАЗУ[3]** *Жаз[3] етістігінің қимыл атауы; жаю, тегістеу, түзеу, түзету.*

**ЖАЗУ[4]** *Жаз[4] етістігінің қимыл атауы; сауықтыру, айықтыру.*

**ЖАЗУ-БҰЗУ** зат. жерг. *Жазу-сызу.*

**ЖАЗУДАЙ** сын. *Жазу сияқты.*

**ЖАЗУЛЫ** сын. *Жазуға түсірілген, хатқа жазылған.*

**ЖАЗУ-СЫЗУ** зат. *Хат тану, жазба сауат жүйесі.*

**ЖАЗУ-СЫЗУСЫЗ** сын. **1.** *Жазуы, жазба мәдениеті жоқ.* **2.** *Жазбаша дерек-дәлелдері жоқ, құжатсыз.*

**ЖАЗУША** үст. сөйл. ***Жазбаша***. *Қағазға түскен, жазылған түрде.*

**ЖАЗУШЫ** зат. **1.** *Прозалық көркем туындыларды шығаратын, жазатын адам.* **2.** *Әңгіме, повесть, романдармен атағы шыққан, қара, көркем сөздің хас шебері, атақ.*

**ЖАЗУШЫЛЫҚ** зат. *Әдеби шығарма жазумен шұғылданушылық.*

**ЖАЗУШЫСЫМАҚ** зат. экспр. кекесін. *Жазушылық қабілеті нашар бола тұра, өзін жазушы санайтын адам.*

**ЖАЗХАНА** зат. жаңа. ***Саяжай***.

**ЖАЗЫ[1]** ир. зат. этн. *Түйенің арқасына жүк батпау үшін өркешіне қом астынан кигізетін арнайы жабдық.*

**Жазының жондығы**. *Жазының жазыағаштан жоғары, айнала үстіңгі жиегі, арқалығы.*

**ЖАЗЫ[2]** зат. ескікіт. *Дала, жазық жер, иен дала.*

**ЖАЗЫАҒАШ** зат. этн. *Жазының астын ала жондықты екі жақтан бастыра жүргізілетін білектей екі ағаш.*

**Жазыағаштың бас жібі.** этн. *Екі жазыағаштың басын екі жақ ұшының кертік жерінен байлайтын, тұсаудан жіңішкерек жіп.*

**ЖАЗЫ-КҮЗІ** үст. *Бүкіл жаз бен күз бойы.*

**ЖАЗЫҚ[1]** зат. **1.** *Кең алқапты теп-тегіс аймақ. // Кедір-бұдырсыз, тегіс, ойсыз-қырсыз.* **2.** геогр. *Теңіз деңгейінен есептегенде одан төмен орналасқан, биіктігі 200 метрден аспайтын құрлықтың кең алқабы.* **3.** геом. *Тегістік, геометриялық табиғи дене.*

**Жазық бұрыш.** геом. *Қабырғалары түзу құрайтын, яғни 180 градусқа жазылатын бұрыш.* **Жазық дала.** *Жайылған кең, тегіс, таусыз, қыратсыз жер.*

**ЖАЗЫҚ[2]** зат. **1.** *Теріс қылық, айып-кінә, күнә.* **2.** ауыс. экспр. *Айыпсыз, таза, дұрыс жолда бола тұра ісін, қылығын т.б. теріс түсінгенде «бар болғаны, бар ісі» деген ренжу мағынаны білдіреді.*

**Жазығы жоқ.** *Күнәсіз, айыпсыз.* **Жазығы не [не жазығы бар].** экспр. *Әділетсіз іске, нақақтан нақақ кінәлауға, жазалауға қарсы күйінішті білдіретін сөзқолданыс.*

**ЖАЗЫҚ[3]** сын. *Біртегіс, жалпақ келген, кең.*

**Жазық ағын**. сушар. *Геоморфологиялық ағын.* **Жазық денелі кенелер**. зоол. <лат. tenuipalpidae> *Акариформ кенелер отрядының бір тұқымдасы, ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері.* **Жазық елек.** ауылшар. *Тор көздерінен сусымалы өнімді өлшемдері бойынша ажырататын және бөлетін жазық бетті құрылғы.* **Жазық жапқыш**. сушар. *Көпқанатты бөгеттердің суағар бөлігіндегі су көлемін реттеуге арналған гидротехникалық кранды құрылғылар.* **Жазық кен қазбалары**. кен. *Пайдалы қазылымдар ішінде немесе бос тау-жыныстарда жазықтық бойымен немесе көлбеу жүргізілетін қазбалар.* **Жазық өркеш**. түйешар. *Азғындаған нарлардың сәл ғана дөңестеу болып, қолымен жымдасып кететін өркештерінің түрі.* **Жазық сутартқы**. сушар. *Жерасты сулы қабатынан су алуға арналған сутартқы құрылыс.* **Жазық тартпалар.**

т е х. *Бекітілген шкивтер арқылы біліктерге айналмалы қозғалыс беретін жазық бетті, резеңке-маталы, резеңке-сымды таспалар.* **Жазық тор**. г е о л. *Кристаллографияда, бірдей параллелограмдардың төбелерінде орналасып, бір жазықтықта жатқан элементар бөлшектердің жиынтығы.* **Жазық тікбұрышты координат**. ә с к. *Координат білік осьтері деп аталатын екі өзара перпендикуляр сызықтардың қиылысу нүктесі.* **Жазық тікбұрышты координаттар жүйесі**. ә с к. *Жазықтықта нүктенің орнын анықтайтын координаттар осіне қатысты сызықтық шама.* **Жазық файл**. и н ф. <ағыл. plat file> *Басқа жазбаларға тура немесе жанама сілтемелері жоқ файл.*

**ЖАЗЫҚСЫЗ** с ы н. **1.** *Ешбір қылмысы, айыбы жоқ, кінәсіз.* **2.** *Бейкүнә, пәк.* // *Нақақтан-нақақ, құрбан болып.*

**Жазықсыз күйді**. *Тектен-текке, қарадай жүріп айыпты болды.*

**ЖАЗЫҚСЫЗДАН** ү с т. *Нақақтан-нақақ, тектен-текке.*

**ЖАЗЫҚСЫЗДАН-ЖАЗЫҚСЫЗ** ү с т. э к с п р. *Тектен-тек, нақақтан-нақақ.*

**ЖАЗЫҚСЫЗДЫҚ** з а т. *Айып-кінәсі жоқтық, бейкүнәлік.*

**ЖАЗЫҚТА[1]=** е т. *Тегістеу, түзеу.*

**ЖАЗЫҚТА[2]=** е т. **1.** *Айыптау, кінәлау, кұстаналау.* **2.** *Істеген күнәсі үшін жауапқа тарту, жазалау.*

**ЖАЗЫҚТАЙ** с ы н. *Тегіс алқаптай, біртекті, жалпақ.*

**ЖАЗЫҚТАЛ=** е т. *Жазылу, жайылу.*

**ЖАЗЫҚТАН=** е т. *Өздігінен біршама тегістеле түсу.*

**ЖАЗЫҚТАУ[1]** с ы н. *Кедір-бұдыры аздау, тегістеу келген.*

**ЖАЗЫҚТАУ[2]** *Жазықта[1] етістігінің қимыл атауы; тегістеу.*

**ЖАЗЫҚТЫ** с ы н. *Айыпты, кінәлі, қылмысты.*

**ЖАЗЫҚТЫҚ** з а т. **1.** *Бетінің кедір-бұдыры жоқ тегістік.* **2.** г е о м. *Кеңістікте берілген екі нүктеден қашықтықтары бірдей нүктелердің геометриялық орны.*

**Жазықтық бойынша шаю**. г е о л. *Жаңбырдың немесе еріген судың беткейлер немесе суайрықтар жазықтығы бойынша шаюының әрекеттілігі.* **Жазықтық өзені**. с у ш а р. *Жақсы дамыған кең аңғармен ағатын, еңістігі шамалы, ағысы баяу әрі тымық өзен.*

**ЖАЗЫҚТЫЛЫҚ** з а т. *Кінәлі, айыпты болушылық.*

**ЖАЗЫҚТЫР=** е т. с ө й л. ***Жазғыр.***

**ЖАЗЫҚША** з а т. *Аумағы кішігірім, тептегіс жер.*

**ЖАЗЫ-ҚЫСЫ** ү с т. *Алты ай жаз, ала қыс бойы, үнемі, жыл бойы.*

**ЖАЗЫЛ[1]=** е т. *Белгілі бір тілдегі әліпби жүйесі бойынша сөздің қағазға түсірілуі.*

**Жазылған хаттай [хаттай таныс]**. ә) *Аса таныс, ап-анық.* ә) *Жүйелі, мәністі, мағыналы.*

**ЖАЗЫЛ[2]=** е т. **1.** *Түзелу, созылу.* **2.** а у ы с. *Қысылып-қымтырылмай, именбей, емін-еркін сезіну.*

**ЖАЗЫЛ[3]=** е т. *Оңалу, сауығу.*

**ЖАЗЫЛА=** е т. э т н. *Түйеге әбзел-жабдықтарын кигізу.*

**ЖАЗЫЛАУ** *Жазыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЗЫЛАУЛЫ** с ы н. *Жазы салынған, жазыланған.*

**ЖАЗЫЛДЫР=** е т. *Сауықтыру, оңалдыру.*

**ЖАЗЫЛДЫРҒЫШ** с ы н. *Тез жазып тастайтын, тез жылдам жазылдыратын.*

**ЖАЗЫЛМА** с ы н. *Ашып жаюға болатын.*

**Жазылма сап**. ә с к. *Бөлімшелердің маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта немесе лектің сызығында Жарғымен белгіленген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасуы.*

**ЖАЗЫЛМАЛЫ** с ы н. *Созып жіберіп, тарта қоятын, ашпалы.*

**ЖАЗЫЛМЫШ** с ы н. **1.** *Жазылып жатқан, қазір жазылатын.* **2.** *Жазуда көрсетілген, жазылып кеткен.* **3.** с ө й л. ***Жазмыш.***

**ЖАЗЫЛУ[1]** *Жазыл[1] етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сөзін қағазға түсіру.* **2.** *Тіркелу, жазып тіркетіп қою.*

**ЖАЗЫЛУ[2]** *Жазыл[2] етістігінің қимыл атауы; тегістелу, жайылу, түзелу.*

**ЖАЗЫЛУ[3]** *Жазыл[3] етістігінің қимыл атауы; айығу, сауығу.*

**ЖАЗЫЛУЛЫ** с ы н. *Жазылған, қағазға немесе т. б. нәрсеге түсіріліп жазылып қойылған.*

**ЖАЗЫЛУШЫ** з а т. *Кітапхана кітаптарын, баспасөзді жазып алушы, мерзімді баспа өнімдерін алуға арнайы тіркелуші.*

**ЖАЗЫЛЫ[1]** с ы н. *Жазы кигізілген (түйе).*

**ЖАЗЫЛЫ[2]** с ы н. к ө н е. *Сапты қылыш, пышақ.*

**ЖАЗЫЛЫМ** з а т. *Баспа өнімдерін, оның ішінде мерзімді басылымдарды үзбей алып тұруға алдын ала жасалатын арнайы тіркелім.*

**ЖАЗЫЛЫҢҚЫ** с ы н. *Бүрілген-бүріскені жайылыңқы, ашылыңқы.*

**ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА[1]=** е т. **1.** *Бүгіліп-бүріспей ашылыңқырай түсу.* **2.** а у ы с. *Тартынып шектелмей еркін сезіну, ашылыңқырау.*

**ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА[2]=** е т. *Сауыға түсу, айығыңқырау.*

**ЖАЗЫЛЫС** з а т. с ө й л. ***Жазылым.***

**ЖАЗЫЛЫС=** е т. ж е р г. *Бір-бірімен ашылып әңгіме айту, сырласу.*

**ЖАЗЫМ** з а т. **1.** *Жазатайым, күтпеген жерден, абайсызда болған сәтсіз оқиға.* **2.** с ө й л. ***Жазмыш** (тағдырдың бұйрығы).*

**Жазым басты.** *Абайсызда мүлт жіберді, жаза басты.* **Жазым болды.** а) *Күтпеген жерде қазаға ұшырады, майып болды; өліп қалды.* ә) *Күтпеген сәтсіздікке, бәлеге тап болды, ұшырады.* **Жазым жасау**. *Мертіктіру, өлтіріп жіберу.* **Жазым қылды [етті, жасады].** а) *Мертіктірді, өлтіріп жіберді.* ә) *Зақым келтірді, бәлеге ұшыратты.* **Жазым тапты.** а) *Күтпеген жерден мерт болды.* ә) *Сәтсіздікке ұшырады.* **Жазым шықпады [жібермеді].** *Бұрыс кетпеді, қателеспеді.*

**ЖАЗЫМДА=** е т. **1.** *Мертіктіру, өлтіру.* **2.** *Зиян келтіру, зақымдау.*

**ЖАЗЫМДАУ** *Жазымда етістігінің қимыл атауы; өлтіру.*

**ЖАЗЫМПАЗ** с ы н. э к с п р. м ы с қ ы л. **1.** *Бұрқыратып жазып тастағыш, жазғыш.* **2.** *Өзін жақсы жазушы, тілші т.б. жазғыш деп санайтын адам.*

**ЖАЗЫМСЫЗ** ү с т. *Мүлт жібермей, дәл.*

**ЖАЗЫҢҚЫ** с ы н. *Сәл таралыңқы, жайылыңқы.*

**ЖАЗЫҢҚЫРА=** е т. *Таратып ашыңқырау, жайыңқырау.*

**ЖАЗЫҢҚЫРАУ** *Жазыңқыра етістігінің қимыл атауы; жаза түсу.*

**ЖАЗЫП: жазып сөйлеу.** п е д. *Жазбаша мәтіндер арқылы вербалды тілдесу.*

**ЖАЗЫП-БҮГІП** ү с т. *Біресе жазып, біресе бүгіп.*

**ЖАЗЫР** з а т. е с к і к і т. *Наза.*

**ЖАЗЫС[1]=** е т. *Жазба ісімен бірге айналысу.*

**ЖАЗЫС[2]=** е т. *Жайысу, тегістесу.*

**ЖАЗЫС[3]=** е т. *Жаңылысу, бірге адасу, айнысу.*

**ЖАЗЫСУ[1]** *Жазыс етістігінің қимыл атауы; қағазға түсірісу.*

**ЖАЗЫСУ[2]** *Жазыс[2] етістігінің қимыл атауы; тегістесу, жайысу.*

**ЖАЗЫСЫЗ** с ы н. *Жазысы жоқ, жазы кигізілмеген (түйе).*

**ЖАЙ[1]** з а т. *Аспан кеңістігіне жиналған электр зарядтарының шағылысуынан пайда болатын жарқыл, найзағай.*

**Жайдың атқан тасындай**. п о э т. *Аса құдіретті, мықты, бой бермес.* **Жай оғындай атылды [болды].** б е й н. *Шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады; күтпеген жерден тарпа бас салды.* **Жай оғындай жайратты**. п о э т. *Сұлатып салды, мұрттай ұшырды.* **Жай оты [оғы].** *Найзағай [жасын] жарқылының шашырандысы.* **Жай отындай [оғындай].** п о э т. *Жалт-жұлт еткен өткір, отты (көз).* **Жай оты төгілгендей**. *Астан-кестені шығып, іші аласұрып өзгеріп сала бергендей деген мағынада.* **Жай тасы.** м и ф. *Халық сеніміндегі тылсым күші бар деп танылатын қасиетті тас.* **Жай тасындай**. *Жарау, күйі келген, сақадай сай, өткір.* **Жай түсу.** *Қатты нөсер кезінде күн күркіреп, шатыр-ұтыр етіп, жер бетіндегі бір затты, нәрсені найзағай ұшқынының соғуы.* **Жай ұрғандай**. *Қозып, құтырып, ессіз ерленген адамдай.*

**ЖАЙ[2]** з а т. **1.** *Тұрмыстағы хал-ахуал; жағдай, күй.* **2.** а у ы с. *Жайлы, күйлі, жағымды жағдай.* **3.** *Сәт, қысқа кез, қазіргі қалып-күй.*

**Жай таптырмады**. *Тыныштық бермеді, маза бермеді.* **Жайы болмады.** *Жағдайы келмей, күйі кетті.* **Жайы жоқ.** а) *Мүмкіндігі жоқ, жағдайы жоқ.* ә) *Түрі жоқ, сыңай танытар емес.* **Жайы кетті.** *Маза, күйі болмады.* **Жайына жүре берді.** *Өз бетіне кете барды.* **Жайына кетті.** *Өз алдына жүре берді, өз дегенімен жүрді.* **Жайына қалды.** *Ескерілмеді, назардан сырт қалды.* **Жаны жай тапты.** а) *Тамашаға батты, рақатқа бөленді.* ә) *Осы дүниеге реніші қалмады деген мағынада.*

**ЖАЙ[3]** з а т. **1.** *Белгілі бір орын; мекен-тұрақ.* **2.** ж е р г. *Үй, ғимарат.*

**Жай орнату.** *Зиратын, құлпытасын орнату.* **Жай тапты.** а) *Мекен тепті, орналасты.* ә) *Жерленді, о дүниелік болды, қойылды.*

**ЖАЙ[4]** з а т. к ө н е. *Кермесіне жебе салып тартатын ескіліктегі садақ.*

**ЖАЙ[5]** с ы н. **1.** *Қатардағы, қарапайым.* **2.** *Күрделі емес, жеңіл, қарапайым, құрамы мейлінше аз.*

**Жай адам.** а) *Бейтарап, ешқандай қатысы жоқ адам.* ә) *Қатардағы адам, көптің бірі.* **Жай [скалярлық] айнымалы**. и н ф. <ағыл. simple (scalar) variable> *Уақыттың әрбір сәтінде бір элементарлық мәнмен байланысты айнымалы.* **Жай акция**. э к о н. *Мөлшері акционерлік қоғам жұмысының нәтижелеріне байланысты табыс алуға құқық беретін бағалы қағаздардың түрі.* **Жай бәзір.** *Мәні-жай.* **Жай бөлшек**. м а т. *Натурал санның бір немесе бірнеше тең бөліктерінен құралған сан.* **Жай вексель**. э к о н. *Вексель берушінің мерзімі басталғаннан кейін вексель иесіне (вексель ұстаушыға) белгілі бір соманы төлейтіні жөніндегі ақшалай міндеттемені куәландыратын бағалы қағаз.* **Жай жұмыс.** *Қол жұмысы, қарапайым қара жұмыс.* **Жай жұмысшы.** *Қатардағы қара жұмысшы, қарапайым жұмысшы.* **Жай зат**. х и м. *Бір химиялық элемент атомдарынан түзілген зат.* **Жай интервал.** м у з. *Октава аралығын құрайтын тондардың арақатынасы.* **Жай кеуде.** *Бос даурықпа, бос көкірек.* **Жай көз.** *Үлкейтіп көрсететін аспапсыз, кәдімгі көз.* **Жай оператор**. и н ф. <ағыл. simple statement> *Құрамына басқа операторлар кірмейтін қарапайым оператор.* **Жай сөйлем.** л и н г в. *Бір сөзбен немесе бірнеше сөз тіркестерінен құралған аяқталған бір ғана ойды білдіретін коммуникативтік бірлік.* **Жай табан етік.** *Ұлтармалы, қайымалы етік.* **Жай тіркес.** *Еркін байланысқан сөз тізбегі.* **Жай ұғым**. и н ф. <ағыл. unit concept> *Анықтамасында тек қана тұр нышаны бар ұғым.* **Жай шырай**. л и н г в. *Сынның артық-кемдігін білдірмейтін негізгі сапалық сын есімдер.*

**ЖАЙ[6]** с ы н. *Жайлы, қолайлы.*

**ЖАЙ[7]** ү с т. **1.** *Байыппен ғана, сабырмен, салмақтап сөйлеу.* **2.** *Асықпай, баяу, ақырын.* **3.** *Ауыр, зорға, әрең қозғалу.*

**Жай жүріс.** *Аттың ақырын, баяу, бірқалыпты жүрісі.*

**ЖАЙ[8]** ү с т. **1.** *Өзімен-өзі, жайбарақат, қозғалыссыз, әрекетсіз.* **2.** *Жайымен, ешкімге тиіспей, тыныш.*

**Жай жатты.** а) *Әрекетсіз, бос жүрді, еш қамсыз болды, мазаланған жоқ.* ә) *Жайымен, ешкімге тиіспей, тыныш, бейбіт күй*

*кешті.* **Жай жүрді.** *Түк бітірмей, тектен-тек, құр босқа жүрді.* **Жай ма?** сөйл. а) *Не болып қалды, не жағдай, не себеп деген сұрауды білдіретін сөзқолданыс.* ә) экспр. *Мұның не, денің сау ма, неге бүйттің деген мағынадағы мазасыздануды білдіретін сөзқолданыс.* **Жайыңа жүр.** *Өзіңмен-өзің тыныш, тиіспей тек жүр.*

**ЖАЙ**[9] үст. *Әдеттегіден кеш, кейін, соң.*

**ЖАЙ**[10] үст. *Әйтеуір, әншейін ғана, мәнсіз, бос.*

**Жай айтты.** *Белгілі мақсатпен емес, құр әншейін айтты.* **Жай бір.** *Әшейін ғана, әйтеуір бір.* **Жай сөз.** *Бос сөз, әшейін айтыла салған сөз.*

**ЖАЙ**[11] үст. сөйл. *Ақы-пұлсыз, бос, төлеусіз, тегін.*

**Жай алды [берді].** *Ақысыз-пұлсыз, тегін алды [берді].*

**ЖАЙ=** ет. **1.** *Таратып ыдырату; керу; жазу.* **2.** *Малды жайылымда бағу.* **3.** ауыс. *Жария ету, тарату, әйгілеу.*

**ЖАЙБАҒЫС** зат. жерг. **1.** *Ақырын, баяу болатын іс-әрекет.* **2.** *Өнімсіз іс-әрекет.*

**ЖАЙБАҒЫСТА=** ет. жерг. *Ақырындап, жайлап әрекеттену.*

**ЖАЙБАҒЫСТАН=** ет. *Бейқам болу, бейжай отыру.*

**ЖАЙБАҒЫСТЫҚ** зат. *Асықпаушылық, бейқамдық, баяулық.*

**ЖАЙБАР** үст. *Бейқам, елеусіз, алаңсыз, емін-еркін.*

**Жайбар ауыз.** *Ашық ауыз, аңқау.*

**ЖАЙБАРАҚАТ** үст. **1.** *Ешбір алаң жоқ, қаннен-қаперсіз, бейқам.* **2.** *Жай, асықпай.* **3.** *Сабырлы, салмақты, байыпты.*

**ЖАЙБАРАҚАТСУ** *Жайбарақатсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙБАРАҚАТСЫ=** ет. *Алаңсыз бейжайлықпен қамсыз болу.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАН=** ет. **1.** *Бейжайлыққа салынып, алаңсыз болу.* **2.** ауыс. *Көңілі толу.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАНДЫР=** ет. *Бейқам күйге түсіру, алаңдатпау.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАНДЫРУ** *Жайбарақаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАНУ** *Жайбарақаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАУ**[1] сын. *Алаңсыздау, бейқамдау.*

**ЖАЙБАРАҚАТТАУ**[1] *Жайбарақатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ** зат. *Асып-саспаушылық, бейқамдық.*

**Жайбараттыққа салынды.** *Енжарланды, бейқам болып, арқаны кеңге салды.* **Жайбарақаттыққа салыну.** *Арқаны кеңге салу, енжарлыққа бой алдыру.*

**ЖАЙБАРАҚАТТЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Жайбарақаттық.***

**ЖАЙБАРАҚАТШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.*

**ЖАЙБАСАР** сын. *Жұмысты сылбыр істейтін, ылдым-жылдым емес.* **2.** *Жүрісі сылбыр, шабан.* **3.** *Бейқам, енжар.*

**ЖАЙБАСАРЛАУ** сын. *Сылбырлау, шабандау.*

**ЖАЙБАСАРЛЫҚ** зат. *Ақырын, баяу қимылдаушылық, шабандық, сылбырлық.*

**ЖАЙБАТ** сын. жерг. *Жазық, жайдақ.*

**ЖАЙБЫРАҚАТТАН=** ет. сөйл. ***Жайбарақаттан.***

**ЖАЙҒА=** ет. **1.** *Малға қарау, мал жаулау.* **2.** *Жөн-жөніне келтіріп реттеу, тындыру.* **3.** *Ассуын беріп, жайғастыру.* **4.** ауыс. *Жайратып салу, өлтіру, құрту, көзін жою.* **5.** ауыс. *Өз орнына қою, орайластыру, қиюластыру.*

**ЖАЙҒАЛ=** ет. *Шаруаның жөніне келтіріліп реттелуі, тындырылуы.*

**ЖАЙҒАР=** ет. жерг. ***Жайға.***

**ЖАЙҒАРУ** *Жайғар етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒАС=** ет. **1.** *Мал жайласу, қарасу.* **2.** *Орнығып, қоныс тебу, жайласу.* **3.** *Отыру, орын тауып орналасу.* **4.** *Ыңғай-жөні табылу, реттелу.* **5.** *Орналасу, бекіну.* **6.** ауыс. *Ұйқыға дайындалу, жатып тынығуға икемделу.* **7.** *Сайлану.* **8.** ауыс. *Жайпасу, жайратысу.*

**Жайғасып отырды.** *Алаңсыз, жайланып отырды.*

**ЖАЙҒАСТЫР=** ет. **1.** *Малға қарау, малды жайлау.* **2.** *Шаруаны жөнге келтіру, реттеу.* **3.** *Орналастыру, орын-орнына қою, орнықтыру.* **4.** ауыс. *Жайратып салу, өлтіру, көзін жою.*

**ЖАЙҒАСТЫРҒЫШ** зат. тамақ. тех. *Қамыр дайындамаларын пештің немесе нан көтерілу шкафтарының бесікшелеріндегі ұяшықтарға, сөрелеріне орнықтыратын механизм.*

**ЖАЙҒАСТЫРУ** *Жайғастыр етістігінің қимыл атауы; реттестіру.*

**ЖАЙҒАСТЫРЫЛ=** ет. *Жайластырылу, орналастырылу.*

**ЖАЙҒАСТЫРЫЛУ** *Жайғастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒАСУ** *Жайғас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малға қарасу.* **2.** *Орнығып жайласу.* **3.** *Дайындасу, шаруаны реттесу, ас қамдасу.*

**ЖАЙҒАСЫҢҚЫРА=** ет. *Орнығыңқырау, жайласыңқырау.*

**ЖАЙҒАСЫҢҚЫРАУ** *Жайғасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒАТ=** ет. **1.** *Малдың жем-суын беріп жайлату.* **2.** *Орналастыру, орнықтыру, жайғастыру.*

**ЖАЙҒАТУ** *Жайғат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒАУ** *Жайға етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малға қарау, жайлау.* **2.** *Ас қамдау, дайындау.* **3.** *Шаруаны реттеу, жинау, жиыстыру.* **4.** *Жайрату, өлтіру.*

**ЖАЙҒЫЗ=** ет. **1.** *Төсету, жайдыру.* **2.** *Тарату, хабарландыру, құлақтандыру.* **3.** *Мал бақтыру, оттаттыру.*

**ЖАЙҒЫЗДЫР=** ет. *Жайдырту, төсеттіру.*

**ЖАЙҒЫЗДЫРУ** *Жайғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒЫЗУ** *Жайғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙҒЫШ** зат. *Жайып тұратын, жаятын зат.*

**ЖАЙҒЫШ** сын. *Жайымпаз, таратушы.*

**ЖАЙҒЫШТА=** ет. *Жаймалау, жазу.*

**ЖАЙДАҒЫДАЙ** үст. *Әншейін жайшылықтағыдай.*

**ЖАЙДАЙ** сын. *Жай сияқты, жылдам, тез.*

**Жайдай соқты.** *Дүрліктірді, үрейлендірді.*

**ЖАЙДАҚ**[1] сын. **1.** *Тегіс келген жазық, жадағай-жайпақ.* **2.** *Аласа, бөкене.* **3.** ауыс. *Қауқарсыз, күш-қуаты таусылған.* **4.** ауыс. *Құр, жай, дәлелсіз.*

**Жайдақ ақыл.** *Мән-мағынасыз, бос сөз.* **Жайдақ арба.** *Үсті жайпақ, қанатсыз жадағай арба.* **Жайдақ базар.** *Ашық базар.* **Жайдақ бөлме [үй].** *Ішінде жиһаз, бұйымы жоқ бөлме [үй].* **Жайдақ білім.** *Тайыз білім.* **Жайдақ вагон.** *Қорабы жоқ, шанақсыз вагон.* **Жайдақ дала.** *Тептегіс жазықтық.* **Жайдақ дастарқан.** *Тағамдары аздау, жұпыны дастарқан.* **Жайдақ домбыра.** *Әбден мүжіліп тозған домбыра.* **Жайдақ етік.** *Өкшесі аласа етік.* **Жайдақ жел.** *Құрғақ жел.* **Жайдақ желіс.** *Бірсыдырғы желіс.* **Жайдақ жер.** *Тақыр жер.* **Жайдақ жол.** *Жазық, қара жол.* **Жайдақ көше.** *Ағаш, тал-терегі жоқ көше.* **Жайдақ қалжың.** *Бос қалжың, әзіл.* **Жайдақ қоныс.** *Жазық жер.* **Жайдақ қора.** *Төбесі ашық қора.* **Жайдақ қос.** *Бос қос, ішінде заттары жоқ қос.* **Жайдақ мақтау.** *Бос мақтау.* **Жайдақ мәшине.** *Қорабының жақтаулары алынған жүк машинасы.* **Жайдақ орындық [отырғыш].** *Арқалығы жоқ отырғыш.* **Жайдақ от.** *Киіз үйге, далаға жағатын ошақсыз от.* **Жайдақ сағат.** *Механизмі қарапайым шынжырмен жүретін сағат.* **Жайдақ сай.** *Терең емес, тегістеу сай.* **Жайдақ сауыр.** *Мықты жылқының белгісі ретіндегі созылыңқырап, жалпақтау келген аттың арқасы.* **Жайдақ сөз [пікір].** *Құр әншейін бос әңгіме.* **Жайдақ су [көл, өзен].** *Жағасы жадағай, тайыз су.* **Жайдақ тартты.** а) *Деңгейі төмен түсті, тартылды.* ә) *Аласарды, ескірді.* **Жайдақ тірлік.** *Уайым-қайғысыз, күнделікті бейқам тіршілік.* **Жайдақ шай.** *Сарымай, сүт, қаймақсыз қара шай.* **Жайдақ шам.** *Шынысыз білтелі шам.* **Жайдақ шана.** *Қанатсыз, қорапсыз аласа шана.*

**ЖАЙДАҚ**[2] сын. *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.*

**Жайдақ ат.** *Ер-тоқым салынбаған ат.* **Жайдақ атқа мінгендей жұлқыны.** *Орнықты мінез көрсетпеді, желікті.* **Жайдақ ер.** жерг. *Басы дөңгеленіп келген ер түрі, әскери ер.* **Жайдақ міну.** *Мініс көлігін ерттемей міну.* **Жайдақ нарға теріс мінгізу.** этн. *Байырғы кезде отағасы, арқасүйер азаматы қайтыс болғанын білдіру үшін отбасындағыларды түйеге теріс отырғызу салты.*

**ЖАЙДАҚСУ** *Жайдақсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙДАҚСЫ=** ет. *Қарапайым, жұпыны болғансу.*

**ЖАЙДАҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Жайпақтап, жадағайлап тегістеу.* **2.** ауыс. *Жеңіл-желпі қарау, жадағайлату, жұтату.* **3.** ауыс. *Жөнсіз пайдаланып, бейберекет, ойға келгенді істеу.* **4.** ауыс. *Өз деңгейінен төмендеу.*

**Жайдақтай сөйледі.** *Жұмсартып айтты.*

**ЖАЙДАҚТА**[2]**=** ет. *Көлікті ерсіз, тоқымсыз (еш нәрсе салмай) міну.*

**ЖАЙДАҚТАЛ=** ет. **1.** *Тегістелу, жазылу.* **2.** *Тайыздану.*

**ЖАЙДАҚТАЛУ** *Жайдақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙДАҚТАН=** ет. **1.** *Тегістену, жайпақтану, жазықтану.* **2.** *Тайыздану, тартылу.*

**ЖАЙДАҚТАНДЫР=** ет. *Жұтаңдандыру, кеміту.*

**ЖАЙДАҚТАНДЫРУ** *Жайдақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙДАҚТАНУ** *Жайдақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙДАҚТАТ=** ет. **1.** *Жеңілдету, жұтаңдату.* **2.** ауыс. *Жұмсарту.*

**ЖАЙДАҚТАТУ** *Жайдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙДАҚТАУ**[1] сын. **1.** *Тегістеу келген, жадағайлау, аласалау, жайпақтау.* **2.** *Тайыздау.* **3.** ауыс. *Жұтаң, төмендеу.*

**ЖАЙДАҚТАУ**[2] *Жайдақта етістігінің қимыл атауы; Жұтату, жеңілдету, жеңіл-желпі қарау.*

**ЖАЙДАҚТАУ**[3] *Жайдақта етістігінің қимыл атауы; атты ер-тоқымсыз міну.*

**ЖАЙДАҚТЫҚ** зат. *Қарапайымдық, жеңілтектік.*

**ЖАЙДАҚЫ** сын. *Жеңіл-желпі, үстіртін, тайыз.*

**ЖАЙДАН-ЖАЙ** үст. **1.** *Құр бекер, бос, тектен-тек.* **2.** *Төлеусіз, тегін, бостан-бос.*

**ЖАЙДАР** зат. жерг. *Садақоғының бір түрі.*

**ЖАЙДАРЛАН=** ет. сөйл. ***Жайдарылан.***

**ЖАЙДАРЛЫ** сын. *Жылы шырайлы, жарқын мінезді.*

**ЖАЙДАРЛЫҚ** зат. **1.** *Жылышырайлылық, жарқын мінезділік.* **2.** ауыс. *Жайлылық, жаймашуақтық.*

**ЖАЙДАРМАН** сын. **1.** *Жайраңдаған, ақжарқын.* **2.** *Мәз-мейрам, көңілді.* **3.** ауыс. *Жайма-шуақ.*

**ЖАЙДАРЫ**[1] зат. жерг. *Ел аралап сауда жасайтын адам; саудагер.*

**ЖАЙДАРЫ**[2] сын. **1.** *Ашық мінезді, ақжарқын.* **2.** *Жылы шырайлы.* **3.** ауыс. *Маужырап тамылжыған.*

**ЖАЙДАРЫЛА=** ет. *Айқындау, анықтау етіп айту.*

**ЖАЙДАРЫЛАН=** ет. **1.** *Ақжарқынданып, жылы шырай көрсету.* **2.** *Көңілдену, мәз-мейрам болу.* **3.** ауыс. *Жайма-шуақтанып, тамылжу.*

**ЖАЙДАРЫЛАНДЫР=** ет. *Көңілдендіру, жарқындандыру, даусын, жүзін жылыту.*

**ЖАЙДАРЫЛАНУ** *Жайдарылан етістігінің қимыл атауы; көңілдену.*
**ЖАЙДАРЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жылышырайлылық, ақжарқындылық.* **2.** ауыс. *Тамылжыған жайма-шуақтық.*
**ЖАЙДАРЫМСУ** *Жайдарымсы етістігінің қимыл атауы; ақжарқын болғансу.*
**ЖАЙДАРЫМСЫ=** ет. *Ақжарқын болғансу, ашық мінез көрсеткенсу.*
**ЖАЙДАУЫТ** сын. *Жадағайлау келген, жайдақтау.*
**ЖАЙДЫР=** ет. **1.** *Төсеттіру, жайғыздыру.* **2.** *Тарату, жұқтыру.* **3.** *Малды оттату, жусату.*
**ЖАЙДЫРУ** *Жайдыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙ-ЖАҒДАЙ** зат. *Хал-ахуал, күй.*
**ЖАЙ-ЖАЙЫНА** үст. *Бет-бетіне, әрқайсысы өз алдына.*
**ЖАЙ-ЖАПСАР** зат. *Хал-жай, жағдай.*
**ЖАЙ-ЖАПСАРЛАП** үст. *Шет-пұшпақтап, аз-аздап.*
**ЖАЙ-ЖОСЫҚ** зат. *Хал-ахуал, жағдай.*
**ЖАЙ-КҮЙ** зат. **1.** *Хал-ахуал; жағдай.* **2.** пед. *Белгілі топ, ортаға байланысты қатынас, көңіл-күйді білдіретін ұғым.*
**ЖАЙҚА=** ет. **1.** *Жапыру, жасқау.* **2.** *Сермеу, үйіру.* **3.** *Оқыс шайқап, сермеп жіберу.* **4.** *Әрлі-берлі қозғап, бұлғау.* **5.** ауыс. *Жамсатып салу, жайпау.* **6.** ауыс. *Сөзбен жеңу, сөз бермеу.*
**ЖАЙҚАҚ: жайқақ қақты**. *Жайқақтады, маңғазданды.*
**ЖАЙҚАҚТА=** ет. *Маңғаздана, керіле басу.*
**ЖАЙҚАҚТАЙ** үст. *Теңселе, ырғала.*
**ЖАЙҚАҚТАТ=** ет. **1.** *Бұлғаңдату, бұлғақтату, жайқақтата желу.* **2.** ауыс. *Түлкі құлыққа салу, алдап-сулау.*
**ЖАЙҚАҚТАТҚЫЗ=** ет. *Бұлғақтатқызу, бұлғаңдатқызу.*
**ЖАЙҚАҚТАТҚЫЗУ** *Жайқақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАҚТАУ** *Жайқақта етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАЛ=** ет. *Ырғалып теңселу, тербелу.*
**ЖАЙҚАЛДЫР=** ет. **1.** *Жайнату, мәуелендіру.* **2.** ауыс. *Шат-шадыман қылу, шалқыту.*
**ЖАЙҚАЛДЫРУ** *Жайқалдыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАЛТ=** ет. *Жайнату, гүлдендіру.*
**ЖАЙҚАЛТҚЫЗ=** ет. *Жайнатқызу, құлпырткызу.*
**ЖАЙҚАЛТҚЫЗУ** *Жайқалтқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАЛТУ** *Жайқалт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАЛУ** *Жайқал етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙҚАҢ** сын. *Қайқаңдаған, кердеңдеген.* **Жайқаң қақты**. *Жайқаңдады.*
**ЖАЙҚАҢДА=** ет. *Қайқаңдап жүру, кердеңдеу.*
**ЖАЙҚАҢДАТ=** ет. *Жайқаңдату, жайқаң қақтыру.*
**ЖАЙҚАҢДАТУ** *Жайқаңдат етістігінің қимыл атауы; жайқаң қақтыру.*
**ЖАЙҚАҢДАУ** *Жайқаңда етістігінің қимыл атауы; жайқаң қағу.*
**ЖАЙҚАҢ-ЖАЙҚАҢ** сын. *Мәз-мейрам; өмірден бейхабар.*
**ЖАЙҚАР** зат. жерг. *Жайдары, аққөңіл, жақсы.*
**ЖАЙҚАРДАЙ** сын. жерг. *Сеп-семіз.*
**ЖАЙҚАРСЫ=** ет. *Жайлану, жайлы болып көріну.*
**ЖАЙҚАС=** ет. **1.** *Шайқалу, тербелу, желбіреу.* **2.** ауыс. *Жайқаң қағысу.*
**ЖАЙҚАСУ** *Жайқас етістігінің қимыл атауы; жайқаң қағысу.*
**ЖАЙҚАУ** *Жайқа етістігінің қимыл атауы; жамсату, жайлау.*
**ЖАЙҚОҢЫР** сын. **1.** *Салқындау, суықтау.* **2.** ауыс. *Бірқалыпты, бірсыдырғы.*
**ЖАЙҚУАТ** сын. **1.** *Тегістеу, жайпақтау; таяз.* **2.** ауыс. *Жайма-шуақ, бейқам.*
**ЖАЙҚЫН** зат. *Жайыла түсіп, тым-тырыс жатқан қиырсыз кең алқап. // Кең жайылып жатқан, айдын шалқар (көл). // Бітік, қалың, тығыз (егін).*
**Жайқын дала**. *Кең өлке, байтақ дала.*
**ЖАЙҚЫНДАЙ** сын. *Семіз, етженді.*
**ЖАЙЛА[1]=** ет. **1.** *Қоныстау, тұрақ ету, мекендеу.* **2.** *Жаз жайылым ету.* **3.** *Орын тебу, орнығу, орналасу.* **4.** ауыс. *Бойды алу, меңдеу.* **5.** ауыс. *Басу, торлау.* **6.** ауыс. *Сайран салу, қызықтау.*
**Жайлап алды**. а) *Қаптады, толды.* ә) *Орнықты, мекендеді, жайғасты.* б) *Басты, жайлады, алып кетті.* в) *Мазалады, дегбірін қашырды.*
**ЖАЙЛА[2]=** ет. **1.** *Реттеу, ыңғайлап жөндеу.* **2.** *Малға қарау, жайғау.* **3.** ауыс. *Жоқ қылу, құрту, жайрату.*
**ЖАЙЛАҒЫШ** сын. *Бойына таралуға, жайлауға бейім.*
**ЖАЙЛАҚ** зат. сөйл. ***Жайдақ.***
**ЖАЙЛАН[1]=** ет. *Іс-әрекеттің орындалуы, бітуі.* **2.** *Орнығу, орналасу, жайғасу.* **3.** ауыс. *Жаны жай табу.*
**ЖАЙЛАН[2]=** ет. *Көп мініліп арықтау.*
**Жайланған жылқы.** *Көп мініліп оңалмаған жылқы.* **Жайланған түйе**. жерг. *Мініс көрген, шаруашылыққа көп пайдаланылған түйе.*
**ЖАЙЛАНДЫР=** ет. **1.** *Рақаттандыру, жайбарақаттандыру.* **2.** ауыс. *Тыныштандыру, жұбату.*
**ЖАЙЛАНДЫРҒЫШ** зат. *Тыныштандырғыш, баяулатқыш, тежегіш.*
**ЖАЙЛАНДЫРУ** *Жайландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тыншыту, көңілдендіру.* **2.** ауыс. *Тыныштандыру, бітімге келтіру.*
**ЖАЙЛАНТ=** ет. *Жайбарақаттандыру, орнықтыру.*
**ЖАЙЛАНУ** *Жайлан етістігінің қимыл атауы; жаны жай табу.*
**ЖАЙЛАНЫҢҚЫРА=** ет. *Жақсылап орнығып, жайғасыңқырау.*
**ЖАЙЛАНЫС=** ет. *Орналасу, жайғасу, жайласу.*
**ЖАЙЛАНЫСУ** *Жайланыс етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙЛАП** үст. **1.** *Ақырын, ептеп.* **2.** *Баяу, жай.*
**ЖАЙЛАП-ҚЫСТА=** ет. *Жыл бойы бір арада болу, қоныстану.*
**ЖАЙЛАС=** ет. **1.** *Шаруа жайғасу, іс тындыру.* **2.** *Жайғасып отыру.* **3.** *Мекен-жайға орын теуіп тұрақтау, орналасу.*
**ЖАЙЛАСТЫР=** ет. **1.** *Жөнге келтіру, реттеу, жайғастыру.* **2.** *Малға қарау, жайғастыру.* **3.** ауыс. *Өлтіру, жайрату.*
**ЖАЙЛАСТЫРУ** *Жайластыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаруаны тындыру, реттеу.* **2.** *Малға қарау, жайғастыру.*
**ЖАЙЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Жайғастырылу, орнықтырылу.*
**ЖАЙЛАСТЫРЫЛУ** *Жайластырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙЛАСУ** *Жайлас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Отыру, орнығу.* **2.** *Малға қарасу, жайғасу.*
**ЖАЙЛАТ=** ет. **1.** *Малды жайлауға шығару.* **2.** *Орын қамдаттыру.* **3.** *Саябырсыту, ақырындату.*
**ЖАЙЛАТТЫР=** ет. *Орналастыру, қамдастыру, қамдату.*
**ЖАЙЛАТТЫРУ** *Жайлаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЙЛАТУ** *Жайлат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мал бақтыру, жайғату.* **2.** *Мекендету, қоныстандыру.*
**ЖАЙЛАУ[1]** зат. *Малдың жазғы алыс жайылымы.*
**Жайлауға шыққан құлындай.** бейн. *Жайнаған, құлпырған.* **Жайлауға шықты.** *Жазғы жайылымға қоныс аударды, көшті.* **Жайлауы жарасты.** *Тату-тәтті, сыйлас болды.* **Жайлауың байсалды болсын, айғырың байталды болсын!** тілек. *Жаңа жайлауға шыққанда айтылады.* **Жайлауыңды жау алсын, қыстауыңды өрт алсын!** қарғ. *Қым-қуыт зобалаң шаққа кезік деген мағынада.*
**ЖАЙЛАУ[2]** сын. *Екпіні ақырындау, баяулау.*
**ЖАЙЛАУ[3]** *Жайла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мекендеу, қоныс тебу.* **2.** *Малға қарау, жайғау.* **3.** *Бойын билеу, меңдеу.*
**ЖАЙЛАУГҮЛ** зат. *Тау беткейлерінде өсетін гүлді өсімдік.*
**ЖАЙЛАУДАЙ** сын. ауыс. **1.** *Емін-еркін, кең дүниедей.* **2.** ауыс. *Кең, жазық.*
**ЖАЙЛАУ-КҮЗДЕУ** зат. *Жайлайтын, күздейтін (жер).*
**ЖАЙЛАУ-ҚЫСТАУ** зат. *Жайлайтын, қыстайтын жер, қоныс.*
**ЖАЙЛАУЛА=** ет. сөйл. *Жазғы жайылымды мекендеу.*
**ЖАЙЛАУЛАС** сын. *Жаз жайылымы бірге, жайлаудағы өрісі ортақ.*
**ЖАЙЛАУЛЫ** сын. *Дайын, ерттеулі.*
**ЖАЙЛАУЛЫҚ** сын. *Жаз жайылымына арналған.*
**ЖАЙЛАУЫТ** сын. *Тегістеу, жайпақтау, жайдақ (жер).*
**ЖАЙЛАУЫШ[1]** зат. *Көп мінілген қоңсыз ат.*
**ЖАЙЛАУЫШ[2]** зат. *Қаршығаның бір түрі.*
**ЖАЙЛАУЫШ[3]** зат. жерг. *Қой жаюға не түйені айдауға мінетін түйе.*
**ЖАЙЛАУЫШТАЙ** сын. *Көп мінілген қоңсыз аттай; жауыр болған.*
**ЖАЙЛАУЫШТЫ** сын. *Шабан ат, арықтұрық малы бар.*
**ЖАЙЛЫ[1]** сын. **1.** *Қажетке сай, ыңғайлы, қолайлы.* **2.** *Жанға жағымды, рақат.*
**Жайлы [жақсы] жатып, жақсы [жай] тұрыңыз.** тілек. *Қайырлы түн болсын!* **Жайлы жүріп, жақсы жет!** тілек. *Аман-сау бар деген мағынада.* **Жайлы кеш.** *Жылы, мамық түн.* **Жайлы қоныс.** *Мал-жанға, тіршілікке қолайлы мекен.*
**ЖАЙЛЫ[2]** шыл. *Біреу не бір құбылыс туралы, сол хақында, жайында.*
**ЖАЙЛЫ-ЖАҚСЫ** сын. *Ыңғайлы, қолайлы, жақсы.*
**ЖАЙЛЫ-КҮЙЛІ** сын. *Қажеттікке сай, лайықты, бақуатты.*
**ЖАЙЛЫЛАУ** сын. *Қажет үшін ыңғайлылау, қолайлылау.*
**ЖАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Ыңғайлылық, қолайлылық.*
**ЖАЙЛЫМ** зат. сөйл. ***Жайылым.***
**ЖАЙЛЫМДЫҚ** сын. сөйл. ***Жайылымдық.***
**ЖАЙЛЫРАҚ** сын. *Ыңғайлырақ, қолайлырақ.*
**ЖАЙМА[1]** зат. **1.** *Үстіне бір нәрсе салу не қою үшін құрастырылған ағаш қаңқа, өре.* **2.** *Үстіне құрт, ірімшік т.б. заттар жайып кептіруге арналған төрт аяқты биік қондырғы.* **3.** *Базарда не дүкен жандарында үстіне әртүрлі бұйымдар жайылған орын.* **4.** *Жапқыш мата.*
**Жайма базар.** а) *Ескі-құсқы, ұсталған бұйымдармен сауда жасайтын орын.* ә) көне. *Ертеректегі саудагерлер мен қолөнершілердің өздері саудалаған бұйымдарын жерге жайып көрсететін, сауда орны.* **Жайма жал.** *Дудырап төгілген қалың жал.* **Жайма зорат**. жерг. *Бастары түйістіріліп жайып тастаған, орылған тары.* **Жайма сауда**. *Дүкеннен тыс көше, далаға шығып жасалатын сауданың түрі.* **Жайма шана.** *Қанатсыз жайдақ, жадағай шана.*
**ЖАЙМА[2]** зат. жерг. *Үйге төсейтін немесе түсқа ұстайтын үлкен кілем.*
**ЖАЙМА[3]** зат. *Асқа арналған төсеніш, ассу қоюға арналған көлемді мата, дастарқанның бір атауы.*
**ЖАЙМА[4]** зат. жерг. *Кішкене қап.*

**Жайма қап**. ж е р г . *Түйенің екі жағына екі қап артқанда, соның ортасын тегістеу үшін салынатын кіші қап.*

**ЖАЙМА**[5] з а т . ж е р г . **1.** *Етке салатын нан.* **2.** *Майға пісірілген нан.* **3.** *Қамырдың, нанның бір жаюға арналған бөлігі.* **4.** *Кісі қайтыс болып, ас пісіргенде жұқа қылып майға пісірілген шелпек.*

**Жайма құймақ**. т а м а қ . *Ашыған сұйық қамырдан әзірленіп, дөңгелек пішінде табаға пісірілетін жұқа құймақ.* **Жайма нан**. ***Жайма***. а) *Етке салатын нан.* ә) *Жұқа етіп жайып, майға пісірген шелпек.* в) *Май қоспай, қазанға жапқан нан.* г) *Нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамақ түрі.*

**ЖАЙМА**[6] з а т . ж е р г . *Төсекше, қонаққа арналған төсеніш.*

**Жайма төсек**. *Жиналмалы төсек.*

**ЖАЙМА**[7] з а т . ж е р г . *Түйе өркешінің арт жағы.*

**ЖАЙМА** с ы н . *Тегіс келген, жадағай, жайдақ.*

**Жайма табақ**. *Жайдақ келген жайпақ табақ.*

**ЖАЙМА-ЖАЙ** ү с т . **1.** *Бекерден-бекер, құр босқа.* **2.** а у ы с . *Жайбарақат, тып-тыныш.*

**ЖАЙМАҚАП** з а т . э т н . *Түйеге қап артарда өркештерінің арасы тегіс келуі үшін арнайы жасалған әрі қап, әрі төсеніш ретінде қолданылған құрал.*

**ЖАЙМА-ҚОҢЫР** с ы н . *Жайымен, біркелкі, баяу.*

**ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТ=** е т . *Біркелкі жайлап баяулату.*

**ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТУ** *Жайма-қоңырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАУ** с ы н . *Біркелкі, баяулау.*

**ЖАЙМАЛА=** е т . **1.** *Жайдақтап тегістеу.* **2.** *Нан, қамыр жаю.* **3.** а у ы с . *Жұмсартып, жеңілдетіп сөйлеу.*

**ЖАЙМАЛАН=** е т . *Орналасу, орнығу, жайылу.*

**ЖАЙМАЛАНУ** *Жаймалан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тегістелу, жайылу.* **2.** а у ы с . *Жұмсару, саябырлану.*

**ЖАЙМАЛАС=** е т . *Тегістесу, жайысу.*

**ЖАЙМАЛАСУ** *Жаймалас етістігінің қимыл атауы; жайысу.*

**ЖАЙМАЛАТ=** е т . **1.** *Жайдақтату, тегістету.* **2.** *Жайма жаю.*

**ЖАЙМАЛАТУ** *Жаймалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙМАЛАУ** *Жаймала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жайдақтау, тегістеу, жаю.* **2.** т е р м. *Заттың сәулелік кескінін электрлік сигналға айналдыру.*

**ЖАЙМАЛАУШЫ** з а т . **1.** *Жаюшы, тегістеуші.* **2.** *Таратушы.*

**ЖАЙМАЛЫ** с ы н . **1.** *Тегіс келген, жазық, жайдақ.* **2.** *Жиналмалы, құрылып қайта жиналатын.*

**ЖАЙМА-ШУАҚ** с ы н . **1.** *Тамылжып жадыраған, жайдары.* **2.** а у ы с . *Жарқын жүзді, ашық, көңілді.* **3.** а у ы с . *Бақытты, баянды (өмір).*

**ЖАЙМА-ШУАҚТА=** е т . *Жуып-шаю.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТАН=** е т . **1.** *Күн көзі ашық, жылы болу.* **2.** а у ы с . *Көңіл өсіп жайнау, жадырау.* **3.** а у ы с . *Тамылжу.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТАНУ** *Жайма-шуақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТАТ=** е т . *Жуып-шаю, тамылжыту.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТАТУ** *Жайма-шуақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТАУ** с ы н . *Күн көзі ашық, жылымықтау.*

**ЖАЙМА-ШУАҚТЫ** с ы н . *Жанға жайлы, маужыратататын, адамды жадырататын (ауа райы, күн, түн).*

**ЖАЙМА-ШУАҚТЫҚ** з а т . **1.** *Жанға жайлы жылылық.* **2.** а у ы с . *Жайлы, жадырыңқы өмір.*

**ЖАЙМАШЫ** з а т . *Сатушы, саудагер.*

**Жаймашы саудагер.** *Жайма базарда сауда жасайтын, ұсақ саудамен айналысатын адам.*

**ЖАЙ-МӘНІС** з а т . *Жағдайы, жөні.*

**ЖАЙНА=** е т . **1.** *Жарқырап жап-жарық боп көріну.* **2.** *Түрлі түспен құбылып-құлпыру, түрлену.* **3.** а у ы с . *Жылы шырай таныту, жайдарылану.*

**Жайнап сала берді.** *Кілім қақты, масайрады, жайраң қақты.*

**ЖАЙНАҚ** с ы н . *Түрлі түске бөленген, құбылып құлпырған.*

**Жайнақ көз.** *Жайнаңдаған, ойнақы көз.*

**ЖАЙНАҚТА=** е т . *Ойнақыланып жалтылдау, жарқ-жұрқ ету.*

**ЖАЙНАҚТАТ=** е т . *Жайнаңдату, жарқылдату, ойнақтату.*

**ЖАЙНАҚТАТУ** *Жайнақтат етістігінің қимыл атауы; безендіру, сәндеу.*

**ЖАЙНАҚТАУ** *Жайнақта етістігінің қимыл атауы; жарқылдау, жайнаңдау.*

**ЖАЙНАҚЫ** с ы н . *Жайнаң қағып жарқылдаған.*

**ЖАЙНАҚЫЛЫҚ** з а т . *Жарқылдаған ақжарқындық, ашықтық.*

**ЖАЙНАМАЗ** [ир. جاي نماز] з а т . д і н и . *Намаз оқыған кезде сүйір ұшын Мекке (құбылаға) жаққа қаратып төсейтін, бас жағы күмбезделе бейнеленген намаз кілемшесі.*

**ЖАЙНАМАЗДЫҚ** с ы н . *Намаз оқуға арналған. // Намаз оқуға керекті таза мата.*

**ЖАЙНАҢ** з а т . *Құбылып ойнақшыған, жалтыл.*

**Жайнаң көз.** *Мөлдіреген ойнақы көз.* **Жайнаң қақты.** *Ойнақшып жалт-жұлт етті, құлпырып күлім қақты.*

**ЖАЙНАҢДА=** е т . *Ойнақшып жайраң қағу.*

**ЖАЙНАҢДАС=** е т . *Қуанысу, күлісу, жайраңдасу.*

**ЖАЙНАҢДАСУ** *Жайнаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙНАҢДАТ=** е т . *Ойнақтату, жайраңдату.*

**ЖАЙНАҢДАТУ** *Жайнаңдат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойнақтату, жайраңдату.* **2.** а у ы с . *Жандандыру, қыздыру.*

**ЖАЙНАҢДАУ** *Жайнаңда етістігінің қимыл атауы; жайраң қағу.*

**ЖАЙНАҢ-ЖАЙНАҢ** е л і к . *Ойнақшып, мың құбылған, жайнаң қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жайнаң-жайнаң етті**. *Ойнақшып, жайраңдады, жайраң қақты.*

**ЖАЙНАҢКЕР** с ы н . *Ойнақшыған, құлпырған.*

**ЖАЙНАС=** е т . **1.** *Құлпырысу, ұшқын атысу.* **2.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау.*

**ЖАЙНАСУ** *Жайнас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙНАТ=** е т . **1.** *Алаулату, маздату.* **2.** *Құлпырту, құбылту.* **3.** *Жайнаңдату, құбылту.*

**ЖАЙНАТУ** *Жайнат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Гүлдендіру, әсемдеу, сәндеу.* **2.** а у ы с . *Тазарту, жарқырату.*

**ЖАЙНАТУШЫ** з а т . *Құлпыртушы, гүлдендіруші, жарқыратушы.*

**ЖАЙНАУ** *Жайна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлпыру, түрлену.* **2.** а у ы с . *Жәутеңдеу, жалтақ-жалтақ қарау.*

**ЖАЙНАУЛЫ** с ы н . *Ақжарқын, көңілді.*

**ЖАЙНАУЫҚ** с ы н . *Көмескі, күңгірт.*

**ЖАЙПА=** е т . **1.** *Қырып-жою, баудай түсіру.* **2.** *Сыпырып-сиыру, тып-типыл ету; жапырып-жаншу.* **3.** *Құрту, бүлдіру.*

**ЖАЙПАҚ** с ы н . **1.** *Тегіс келген жазық, жадағай-жайдақ.* **2.** *Аласа, биік емес.* **3.** *Арқасыз, таянышсыз.*

**Жайпақ баспа**. п о л и г р. *Полиграфиялық тәсілмен таңба түсірудің бір түрі.* **Жайпақ табақ [ыдыс].** *Іші таяз жалпақ табақ.* **Жайпақ табан.** *Жалпақ табан.*

**ЖАЙПАҚТА=** е т . *Жазықтап тегістеу, жайдақтау.*

**ЖАЙПАҚТАБАН** с ы н . *Табаны жалпақ.*

**Жайпақтабан қазақы етік**. *Табаны тегіс, жайпақ болып тігілген, өкшесі аласа етік түрі.*

**ЖАЙПАҚТАЛ=** е т . *Тегістелу, жайдақталу.*

**ЖАЙПАҚТАЛУ** *Жайпақтал егістігінің қимыл атауы; тегістелу.*

**ЖАЙПАҚТАН=** е т . *Жазаңдану, жазықтану.*

**ЖАЙПАҚТАНУ** *Жайпақтан етістігінің қимыл атауы; аласару, тегістелу.*

**ЖАЙПАҚТАУ**[1] с ы н . *Тегіс келген, жазықтау, жалпақтау.*

**ЖАЙПАҚТАУ**[2] *Жайпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙПАЛ=** е т . **1.** *Астан-кестен, тып-типыл етілу.* **2.** *Қырылу, жамсау, жер жастану.*

**ЖАЙПАЛУ** *Жайпал етістігінің қимыл атауы; жеңілу.*

**ЖАЙПАҢ**[1] с ы н . **1.** *Жайпақтау келген, жазаң.* **2.** *Қайраң, таяз.*

**ЖАЙПАҢ**[2] с ы н . *Байпаң қаққан.*

**ЖАЙПАҢДА=** е т . с ө й л . ***Жайқаңда***.

**ЖАЙПАҢДАУ**[1] с ы н . *Жайпақтау, жазаңдау.*

**ЖАЙПАҢДАУ**[2] *Жайпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙПАП-ЖАЛМА=** е т . *Сыпырып-сиыру, тып-типыл ету, жоқ қылу.*

**ЖАЙПАС=** е т . *Қырып-жойысу, жамсатысу.*

**ЖАЙПАСУ** *Жайпас етістігінің қимыл атауы; соғысу.*

**ЖАЙПАТ=** е т . *Астан-кестен, тып-типыл еткізу; аса зор шығынға ұшырату; қырғынға ұшырату.*

**ЖАЙПАТУ** *Жайпат етістігінің қимыл атауы; қырып-жойғызу, жамсату.*

**ЖАЙПАУ** *Жайпа етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, жамсату, жайғау.*

**ЖАЙПАУЫТ** с ы н . с ө й л . ***Жайдақ***.

**ЖАЙПАУЫТТА=** е т . с ө й л . *Жайдақтау, тегістеңкіреу.*

**ЖАЙПАУЫТТАН=** е т . *Жайдақтану, тегістелу.*

**ЖАЙПАУЫТТАНУ** *Жайпауыттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙПАУЫТТАУ** *Жайпауытта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙПИ=** е т . э к с п р. *Жап-жалпақ болу, жалпию.*

**ЖАЙРА** з а т . з о о л . <лат.hustricidae> *Кеміргіштер отрядына кіретін, арқасы мен екі бүйірін ұзынды-қысқалы инелер жауып тұратын сүтқоректі аң, кірпінің бір түрі.*

**ЖАЙРА**[1]**=** е т . **1.** *Бет-бетімен әр жерде бір шашылып жату; қирау, бүліну.* **2.** а у ы с . *Сілейіп өліп жату.*

**ЖАЙРА**[2]**=** е т . *Жарқырап жайнау.*

**ЖАЙРАҒЫР** о д . қ а р ғ . *Жер жастанғыр, мүрдем кеткір, ішек-қарны ақтарылып қалғыр.*

**ЖАЙРАН** [ир. جيران] з а т . з о о л . <лат. gazella subguttursa> *Киік тобына жататын, жүгірісі өте тез, әдемі түз жануары.*

**ЖАЙРАҢ** с ы н . *Көңілі шат, жайдары.*

**Жайраң күлкі.** *Көңілді күлкі, жай күлкі.* **Жайраң қақты.** *Көңілі көтеріліп жайнаңдады.* **Жайраң мінез.** *Жайдары мінез, ашық мінез.* **Жайраң үн.** *Көңілді дауыс, ашық дауыс.*

**ЖАЙРАҢДА=** е т . *Көңілі тасып, жайраң қағу, жайнаңдау.*

**Жайраңдап күлді.** *Көңілдене күлді, масаттана күлді.* **Жайраңдап сөйлесті.** *Көңілдене, шаттана сөйлесті.*

**ЖАЙРАҢДАС=** е т . *Әзіл-қалжың айтысып, ойын-күлкімен ашық-жарқын отырысу.*

**ЖАЙРАҢДАСУ** *Жайраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАҢДАТ=** е т . *Шат-шадыман ету, жайнаңдату.*

**ЖАЙРАҢДАТУ** *Жайраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАҢДАУ** *Жайраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАНДЫҚ** зат. *Жайдарылық, шат мінезділік, көңілділік.*

**ЖАЙРАҢ-ЖАЙРАҢ: жайраң-жайраң етті.** *Шат-шадыман болды, жайнаң қақты.*

**ЖАЙРАҢҚЫ** сын. *Көңілді, жайдары, жылышырайлы.*

**ЖАЙРАС=** ет. *Түгелдей сұлап жатысу.*

**ЖАЙРАСУ** *Жайрас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАТ=** ет. **1.** *Сұлатып салу, бытшытын шығару.* **2.** *Жілік-жілік етіп бөлшектеп тастау.*

**ЖАЙРАТҚЫШ** сын. *Сұлатып, серейтіп салғыш, қиратқыш.*

**ЖАЙРАТТЫР=** ет. *Сұлаттыру, сойғызу.*

**ЖАЙРАТТЫРУ** *Жайраттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАТУ** *Жайрат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАТЫЛ=** ет. *Қиратылу, шашылу.*

**ЖАЙРАТЫЛУ** *Жайратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАТЫМПАЗ** сын. *Қиратып бүлдіргіш, жойымпаз.*

**ЖАЙРАТЫС=** ет. *Қырып-жойысу, қиратысу.*

**ЖАЙРАУ** *Жайра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙРАУЛЫ** сын. *Әр жерде шашылған күйі.*

**ЖАЙРАФ** зат. көне. ***Жираф.***

**ЖАЙСАҢ** сын. *Жадырап жайраңдаған, жарқын.*

**ЖАЙСАҢДАЙ** сын. *Жадыраңқы, жарқын.*

**ЖАЙСАҢДАУ** сын. *Ақжарқындау, жадыраңқылау.*

**ЖАЙСАҢДЫҚ** зат. *Жайраң қаққан жарқындық.*

**ЖАЙСЫЗ** сын. *Ыңғайсыз, жағымсыз, қолайсыз.*

**Жайсыз әңгіме.** *Қолайсыз, ыңғайсыз сөз.* **Жайсыз естілді**. *Жағымсыз естілді.* **Жайсыз оқиға.** *Қолайсыз жағдай.* **Жайсыз сұраным**. экон. *Белгілі бір рынокта сатып алушылардың көбі тауарды сапасына қарамастан теріске шығаратын сұраным.* **Жайсыз тиді**. *Ыңғайсыз, қолайсыз әсер етті.* **Жайсыз түс.** *Жағымсыз, қолайсыз түс.* **Жайсыз ұйықтады**. *Мазасыз ұйықтады.* **Жайсыз хабар.** *Жағымсыз, суық хабар.*

**ЖАЙСЫЗДАН=** ет. **1.** *Қолайсыз көру, ыңғайсыздану.* **2.** *Тиышы кету, мазасыздану.*

**ЖАЙСЫЗДАНДЫР=** ет. *Мазасыздандыру, тиышын кетіру.*

**ЖАЙСЫЗДАНДЫРУ** *Жайсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙСЫЗДАНУ** *Жайсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙСЫЗДАНУЛЫ** сын. жерг. *Мазасызданған, мазасы кеткен.*

**ЖАЙСЫЗДАНЫҢҚЫРА=** ет. *Қолайсыз көріңкіреу, ыңғайсызданыңқырау. .*

**ЖАЙСЫЗДАУ** сын. **1.** *Қолайсыздау, ыңғайсыздау, жағымсыздау.* **2.** *Тиышсыздау, мазасыздау.*

**ЖАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Қолайсыздық, жағдайсыздық.*

**ЖАЙТ** зат. *Жай-күй, жағдай.*

**ЖАЙТАБАН** сын. *Үстін молырақ шығарып, шұңғылдау тігілген, өкшесі аласа аяқкиім.*

**ЖАЙТАҚ: жайтақ қақты.** сөйл. *Жайтаң қақты.*

**ЖАЙТАҚТА=** ет. сөйл. ***Жайтаңда***.

**ЖАЙТАҚТАТ=** ет. сөйл. ***Жайтаңдату***.

**ЖАЙТАҚТАТУ** *Жайтақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙТАҚТАУ** сөйл. ***Жайтаңдау***.

**ЖАЙТАҢ: жайтаң қақты.** *Жайнаң қақты, жайраңдады.*

**ЖАЙТАҢДА=** ет. *Құбылып жайраң қағу, жайнаңдау.*

**ЖАЙТАҢДАТ[1]=** ет. *Жайнаңдату, жайнаң қаққызу.*

**ЖАЙТАҢДАТ[2]=** ет. *Атты тайпалту.*

**ЖАЙТАҢДАТУ** *Жайтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙТАҢДАУ** *Жайтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙУАТ[1]** зат. жерг. *Өткел, судың таяздау жері.*

**ЖАЙУАТ[2]** үст. *Ақырын, жайымен ғана, баяу.*

**ЖАЙХҰН** зат. көне. *Алып, зор, жойқын.*

**ЖАЙША[1]** үст. *Әншейін, жай ғана.*

**ЖАЙША[2]** үст. *Найзағай сияқтанып, жай тәрізденіп.*

**ЖАЙШЫ** зат. көне. *Құдайға жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын адам.*

**ЖАЙШЫЛЫҚ** зат. *Жайбарақаттылық, бейбіт өмір, тыныштық.*

**ЖАЙШЫЛЫҚТА** үст. *Жай уақытта, әншейін кезде.*

**ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫ** сын. *Жай уақыттағы, әншейіндегі.*

**ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫДАЙ** үст. *Әншейіндегідей, жай кездегідей.*

**ЖАЙЫЗ** зат. діни. *Рұқсат берілген, күнә емес.*

**ЖАЙЫЛ** сын. *Жалқау, керегар, тілазар, өз білермендігімен жүретін (адам).*

**ЖАЙЫЛ[1]=** ет. *Малдың жайылымға шығуы.*

**ЖАЙЫЛ[2]=** ет. **1.** *Көлемі кеңейіп, жазылу.* **2.** *Төселу, салыну.* **3.** ауыс. *Таралу, бірден-бірге жайылу.* **4.** *Аты кеңінен мәлім болу, белгілі болу.* **5.** *Құс қанатының жазылуы, екі жағына созылуы.*

**Жайылған дастарқандай.** *Пәк, адал шынайы, мол деген мағынада.* **Жайылып жастық, иіліп төсек болды.** *Бәйек болды, жаны қалмады.* **Жайылып кетті.** *Бет-бетімен босып, қаңғырып кетті.* **Жайылып сала берді.** *Жаны тыншып, жадырап, көңілденіп қоя берді.* **Жайылып түсті.** *Көңілденіп, жадырап қоя берді.*

**ЖАЙЫЛҒЫ** зат. *Жерге төсейтін төсеніш.*

**ЖАЙЫЛМА[1]** зат. **1.** *Жазғытұрым өзен, қар суы көп жиналатын алқап.* **2.** сушар. *Шабындықты терраса, өзен аңғарының едәуір тегіс келген, қазіргі заман шөгінділері жапқан, тасқын немесе су тасу кезінде оқтын-оқтын су басатын бөлігі.* **3.** геол. *Аңғар табанының тасыған су басып қалатын бөлігі.*

**Жайылма топырағы**. сушар. *Аллювиальды топырақ, өзен суының жиі тасуы кезіндегі өзен аңғарындағы тұнба қалдықтар.* **Жайылма үстілік терраса**. геол. *Жайылмадан биік орналасқан терраса.*

**ЖАЙЫЛМА[2]** сын. *Жайылыңқы, шашыранды.*

**Жайылма сөйлем.** лингв. *Бастауыш, баяндауыштан басқа да мүшелері бар жай сөйлемнің түрі.*

**ЖАЙЫЛМАЛАН=** ет. *Жайылып көлемі үлкею, кеңею.*

**ЖАЙЫЛМАЛАНУ** *Жайылмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙЫЛМАЛЫ** сын. *Арнасынан асып, таралып қаптап жататын.*

**Жайылмалы экожүйелер**. сушар. *Өзен бойында орналасқандықтан, сол өзендердің жылдық режімдеріне тікелей байланысты экожүйелер.*

**ЖАЙЫЛМАЛЫҚ** зат. *Жайылма су басқан жер бөлігі.*

**Жайылмалық аңғар**. сушар. *Жайылмасы жақсы дамыған аңғар.* **Жайылмалық батпақ**. сушар. *Негізінен қамыс пен қоға басқан, жақсы дамыған жайылмаларда болатын ойпаңдық (евтрофтық) батпақ түрі.* **Жайылмалық көл**. сушар. *Негізгі арнадан бөлініп қалған өзен тармағы немесе саласы.* **Жайылмалық көлтабан**. сушар. *Өзеннің ескі арна жағалауына орналасқан көлтабан.* **Жайылмалық шөгінділер**. сушар. *Құмдақ алевритті, алевритті-пелитті болып келетін жайылымдағы аллювийлік шөгінділер.*

**ЖАЙЫЛТ=** ет. *Жаю; кеңейту, тарату.*

**ЖАЙЫЛТУ** *Жайылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙЫЛУ** *Жайыл етістігінің қимыл атауы* **1.** *Жайылымға өру, өрістеу.* **2.** *Таралу.* **3.** *Жазылу, кеңею.* **4.** мед. *Жүйке процесінің өзі пайда болған орыннан басқа жүйкелік элементтерге таралу қабілеттілігі.*

**ЖАЙЫЛУШЫ** зат. *Еркімен, өз бетімен жүруші.*

**ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Ауа жайылғандық, бетімен кетушілік.*

**ЖАЙЫЛЫМ[1]** зат. **1.** *Ауыл маңынан шалғайлау мал өрісі, өрістік жер.* **2.** *Оты мол жайылма, шөбі көк майса жер.*

**Жайылымдарды суландыру**. сушар. *Жайылымдарды жергілікті өзен-көл, жер асты су қорларын пайдалану немесе каналмен басқа жақтан су жеткізу жолымен қажетті сумен қамтамасыз ету.*

**ЖАЙЫЛЫМ[2]** зат. *Судың арнасынан асып, жайылып жататын жері.*

**ЖАЙЫЛЫМДЫ** сын. *Мал жайылатын жерлері бар, өрісті.*

**ЖАЙЫЛЫМДЫҚ** зат. *Мал жайылатын өрісті жер.*

**ЖАЙЫЛЫҢҚЫ** сын. *Көлемі жазылып, кеңейген, таралыңқы.*

**ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЙ=** ет. **1.** *Астыүстіне түсіп, жаны қалмау.* **2.** *Кеңею, жалпайып жазылу.*

**ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЮ** *Жайылып-жалпай етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙЫЛЫС** зат. **1.** *Мал өрісі, жайылым.* **2.** *Өрісте жайылу, оттау кезі.*

**ЖАЙЫМЕН** үст. **1.** *Ақырындап қана, баяу.* **2.** *Алаңсыз, бейқам, жайбарақат.*

**ЖАЙЫН[1]** зат. зоол. <лат. silurus glanis> **1.** *Тұқы тектестер отрядына жататын, аузының айналасында үш жұп мұртшасы бар, дене тұрқы құйрығына қарай жіңішкеріп келген, басы үлкен, ірі жыртқыш балық.* **2.** ауыс. *Дене тұрпігерліктей, ғажайып, зор, керемет.*

**Жайын ауыз**. а) *Екі езуі екі құлағына жететін, үлкен ауыз.* ә) *Обыр, қомағай.* б) *Жайпақ, жалпайыңқы.* **Жайын ауыз кебіс**. *Аузы кең, керсені биік келген кебіс түрі.*

**ЖАЙЫН[2]** үст. жерг. *Жай, бос; тыныш, жайымен.*

**Жайын жатты**. *Өзімен-өзі бос, меңіреу жатты.*

**ЖАЙЫНДА** шыл. *Жөнінде, хақында, туралы.*

**ЖАЙЫНДАЙ** сын. **1.** *Жайын сияқты.* **2.** *Тым үлкен, даладай.*

**ЖАЙЫНДЫҚ** зат. *Жойқын тағылық; керемет қуаттылық.*

**ЖАЙЫНША[1]** үст. *Жайын сияқтанып, жайынға ұқсап.*

**ЖАЙЫНША[2]** үст. сөйл. *Алаңсыз, жайбарақат.*

**ЖАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Жая түсу, жая тұру.*

**ЖАЙЫҢҚЫРАУ** *Жайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЙЫП-ЖУ=** ет. сөйл. *Жуып-шаю.*

**ЖАЙЫП-ШУ=** ет. сөйл. *Жуып-шаю.*

**ЖАЙЫРАҚ** үст. **1.** *Бәсеңдеу етіп, баяуырақ, ақырынырақ.* **2.** *Соңыра таман, кейінірек, кешірек.*

**ЖАЙЫС=** ет. *Жазысу.*

**ЖАЙЫСУ** *Жайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАКЕМДЕ=** ет. ***Жәукемде*** *(бір нәрсені әп-сәтте бітіру, тез аяқтау).*

**ЖАҚ[1]** зат. **1.** *Адамның, жан-жануарлардың бас сүйегінің астыңғы бөлігі.* **2.** кен. *Кен өндіруде қолданылатын жақты уатқыштың негізгі бөлшегі.* **3.** *Кимешектің екі бетін бойлай иек астына дейін әшекейленген кестелі жиегі.* **4.** *Жүгеннің жақтауы, екі жағындағы жақ тұсына келетін жүгеннің бөлігі.* **5.** ауыс. *Адамның сөйлеу мүшесі, ауыз.*

**Жағы жағына жұқпады.** *Зуылдатып тез сөйледі.* **Жағы жағына тимеді.** *Дір-дір қақты, қатты тоңды.* **Жағы жоқ.** *Суырыла жөнелетін шешен, ақпа жүйрік.* **Жағы қарысты.** а) *Аузы ашуға келмей, тістеніп қалды.* ә) *Дыбыс шығармай, үн-түнсіз қалды.* **Жағына пышақ жанығандай.** *Құр сүлдері қалған, жүдеу, арық.* **Жағын аша алмады**. *Жұмған аузын аша алмады; сөйлей алмады.* **Жағын ашты.** *Сөйледі, үн шығарды.* **Жағын ашырмады**. *Сөйлетпей қойды, үндетпеді.* **Жағын сауды.** *Тіл мен жағына сүйенді, зар қақсады.* **Жағына жылан жұмыртқалағыр!** қ а р ғ. *Аузыңа құм құйылғыр, тілің кесілгір!* **Жағыңа жылан жұмыртқаласын!** қ а р ғ. *Аузыңа құм құйылсын, тілің кесілсін! Жайсыз хабар, жаман сөз айтқан кісіге айтылады.* **Жағың қарысқыр!** қ а р ғ. *Тілің кесіліп, үнің өшкір!* **Жағыңнан алғыр!** қ а р ғ. *Тілің үзіліп түскір! Бәле жағыңнан келсін, жағың қарысқыр*! **Жағың түспей, жамандық көрме!** т і л е к. *Өле-өлгенше бейнет, тақсірет тартпа деген мағынада.* **Жағы сембеді.** *Безектеп зар қақсады; дамыл таппай көп сөйледі.* **Жағы солды.** *Жүдеп, жадау тартты.* **Жағы суалды.** *Еті сылынып, жүдеді; жадау тартты.* **Жағы талды**. *Сөйлей-сөйлей, айта-айта қажыды, шаршады.* **Жағы тиыш таппады.** *Жағы тынбады, сарнады, ауыз жаппады.* **Жағы түскір!** қ а р ғ. *Үні өшкір, бар болғыр деген мағынада.* **Жағы түсті.** *Қаусап, әбден қартайды.* **Жағы түсіп өлді.** *Әбден қартайып қайтыс болды.* **Жағы тынбады.** *Сарнап, ауыз жаппады.* **Жақ ашпады**. *Тіс жарып сөйлемеді, үндемеді.* **Жақ жаппады.** *Аузы тынбай, зар қақты.* **Жақ жүні үрпиді.** а) *Тоңды, дірдектеді.* ә) *Өңі қашып, жүдеді.* **Жақ моншақ.** *Алтын, күміс қозалармен, асыл тастармен бүршақтап, үзбелестіріп жасаған салпыншақ, бет моншақ сияқты моншақ түрі.* **Жақ сүйек.** <лат. mandibula> *Бастың тістер орналасқан сүйегі.*

**ЖАҚ**[2] з а т. к ө н е. *Кермесіне жебе салып тартатын қару, садақ, жай.*

**ЖАҚ**[3] з а т. **1.** *Белгілі бағдардағы кеңістік, тарап.* **2.** *Пікірлес, көзқарастары үйлес топ.* **3.** л и н г в. *Сөйлеушіні және оның кіммен сөйлескені жайын немесе үшінші біреу туралы мағлұмат барын білдіретін грамматикалық категория.*

**Жақ болды.** *Сөзін сөйледі, қолдады, жақтады.* **Жақ қылды**. *Өзіне тартты; одақтасты, жақтасты.*

**ЖАҚ**[4] з а т. с ө й л. *Есік-терезе жақтауы.*

**ЖАҚ**[5] з а т. *Бір нәрсенің жайы, жөні.*

**ЖАҚ**[1]= е т. **1.** *От жандыру, тұтату.* **2.** *Өртеп жіберу, күйдіру.*

**ЖАҚ**[2]= е т. *Майлы нәрсені заттың бетіне жұқалап жағу..*

**ЖАҚ**[3]= е т. **1.** *Тәуір көріну, ұнау.* **2.** *Пайдалы болу.*

**ЖАҚАҚТА=** е т. *Айналысу, шұғылдану; бір нәрсені төңіректеу.*

**ЖАҚАҚТАУ** *Жақақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚАМА=** е т. с ө й л. *Жақтырмау.*

**ЖАҚАТ**[1] з а т. с ө й л. ***Шақат.***

**ЖАҚАТ**[2] з а т. ж е р г. *Пайда, табыс, кіріс.*

**ЖАҚАТПА=** е т. *Ұнатпау, жаратпау.*

**ЖАҚАТПАУ** *Жақатпа етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚАТТАС** с ы н. ж е р г. *Көңілі жақын, жақтас.*

**ЖАҚАТТЫҚ** з а т. *Жақсылық, пайда.*

**ЖАҚАУ** с ы н. ж е р г. *Жігерсіз, енжар, самарқау.*

**ЖАҚАУЛА=** е т. *Жанамалап айту, тікелей айтпау.*

**ЖАҚАУЛАТ=** е т. *Жанамалату, жақаурату, тұспалдау.*

**ЖАҚАУЛАТУ** *Жақаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚАУРА=** е т. *Тікелей айтпай, емеурінмен сездіру, алдаурату.*

**ЖАҚАУРАТ=** е т. *Жақаулату, жанамалату.*

**ЖАҚАУРАТҚЫШ** с ы н. *Тікелей айтпай, емеурінмен сездіргіш.*

**ЖАҚАУРАТУ** *Жақаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚАУРАТЫС=** е т. *Жақауратысу, алдарқатысу.*

**ЖАҚАУРАУ** *Жақаура етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚАУЫЗДЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. gnathostomata> *Құрамына шеміршекті және сүйекті балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер кіретін омыртқалы жануарлардың үлкен тобы.*

**ЖАҚ-ЖАҚ** ү с т. *Жік-жік, топ-топ, бөлек-бөлек.*

**Жақ-жақ болды.** *Алды-алдына бөлінді, жіктелді.*

**ЖАҚЖҰТТЫ** с ы н. *Жұтаң, жадау, жүдеу.*

**ЖАҚЖҰТЫ** з а т. *Малдың көптігі мен жайылымның тарлығынан малдың аузы шөпке жарымай арық болуы.*

**ЖАҚҚҰРТ: жаққұрт келсін!** қ а р ғ. *Құдай жағыңнан алсын, зар жақ боп сөйлей алмай қал! [Тісіңнің құрты ұстасын деген мағынадан келіп шыққан].*

**ЖАҚҚЫ** з а т. ж а ң а. *Буын, бұлшық ет ауырғанда, тері қышыма, бөртпелері шыққанда сыртынан жағатын дәрілік майлы қоспа.*

**ЖАҚҚЫЗ=** е т. *От, жарық (шам) жақтыру.*

**ЖАҚҚЫЗДЫР=** е т. *Жақтырғызу, жандырғызу.*

**ЖАҚҚЫЗДЫРУ** *Жаққыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚҚЫЗУ** *Жаққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚҚЫМАЙ** з а т. х и м. *Өзара үйкелетін заттардың үйкелісін төмендету үшін және оларды жемірілуден сақтау үшін пайдаланылатын өнім.*

**ЖАҚҚЫШ**[1] з а т. *Электршамын жандыратын тетік.*

**ЖАҚҚЫШ**[2] с ы н. *Жақсы көрінгіш, ұнағыш.*

**ЖАҚМОНШАҚ** з а т. з е р г. *Сәукеле, бергек, бөрік, кимешек сияқты әйелдердің әшекейлі бас киімдерінің екі жақ самайлығына тағылатын салпыншақ, маржан моншақтар.*

**ЖАҚПАМАЙ** з а т. *Беті-қол терісі жарылғанда, не буын ауырғанда қолданатын шөптесін және дәрілік қоспалары бар, жұмсартқыш май.*

**ЖАҚПАР** з а т. *Кедір-бұдырлы, қатар-қатар текше.*

**Жақпар тас.** *Қыры шығып, текшеленген қатпар тас.*

**ЖАҚПАРДАЙ** с ы н. *Қатпарланған қырлы жартастай.*

**ЖАҚПАР-ЖАҚПАР** с ы н. *Кедір-бұдырлы, текше-текше, жік-жік, қатпар-қатпар.*

**ЖАҚПАРЛА=** е т. *Текшелеп, қабаттап, қатпар-қатпар ету.*

**ЖАҚПАРЛАН=** е т. *Текше-текше, жақпар-жақпар болу.*

**ЖАҚПАРЛАНУ** *Жақпарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚПАРЛАС=** е т. *Қатарласу, қаттасу, ұласу.*

**ЖАҚПАРЛАСУ** *Жақпарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚПАРЛАУ**[1] с ы н. *Қатпарлау келген, текшелі, жік-жіктеу.*

**ЖАҚПАРЛАУ**[2] *Жақпарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚПАРЛЫ** с ы н. *Қабат-қабат, қатпарлы, жақпары көп.*

**ЖАҚПАРТАСТАР** з а т. г е о л. **1.** *Жанжағынан қоршаған тектоникалық жарылымдар бойымен тік бағытта жоғары көтерілуі нәтижесінде геологиялық табиғаты қоршаған өңірден анық дербестелген нақтылы аймақ.* **2.** *Мұздықтардың жылжуы барысында немесе тектоникалық күштер әсерімен өзі қалыптасқан өңірден алыс аймақтарға жылжып кеткен, сондықтан да өзін қоршаған ортадан анық ерекшеленетін, түрқы жүздеген, қалыңдығы мыңдаған метрмен өлшенетін геологиялық денелер.* **3.** *Диаметрі 1 метрден асатын таужыныс кесектері.*

**Жақпартастар ағымы**. г е о л. *Газбен қаныққан тұтқыр лаваларды̧ң төгілу барысында жеке-жеке жақпартастарға дараланып ағуы.*

**ЖАҚСАҚАЛДЫ** с ы н. ж а ң а. *Жағында түк өскен, бакенбарды бар.*

**ЖАҚСАР**= е т. **1.** *Тәуірлене түсу, оңалу, түзелу.* **2.** *Жазылу, айығу.*

**ЖАҚСАРТ=** е т. *Жетілдіру, түзелту.*

**ЖАҚСАРТҚЫШ** с ы н. *Сапа арттырғыш, оңдағыш.*

**ЖАҚСАРТУ** *Жақсарт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚСАРТУШЫ** з а т. *Жетілдіруші, сапасын арттырушы, оңалтушы.*

**ЖАҚСАРТЫЛ=** е т. *Тәуірлендірілу, жетілдірілу, түзетілу, сапасы арттырылу.*

**ЖАҚСАРТЫЛУ** *Жақсартыл етістігінің қимыл атауы; жетілдірілу, сапаландырылу.*

**ЖАҚСАРУ** *Жақсар етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚСЫ** с ы н. **1.** *Көңілге ұнайтын, оңды, тәуір.* **2.** *Адамгершілік қасиеті мол, тәрбиелі, игі, ізгі (адам). // Ауылдың, елдің белді, беделді адамы. // Иә, қош, мақұл, дұрыс.*

**Жақсы адам**. *Қоғамда қалыптасқан әдеп, ахлақ, ізгілік нормаларына сәйкес мінез-құлық, әрекет иесінің жалпы атауы.* **Жақсы адам ба еді?** д і н и. *Қазақтың өлік жөнелту салтында сұрақ түрінде айтылатын сөз орамы; марқұмның үйінің ауласында немесе мешітте жаназа шығарғанда (кейбір өңірлерде қабір басында да) молданың жамағатқа қарата қоятын сұрағы.* **Жақсы айтты.** *Дұрысын сөйледі, орынды сөз сөйледі.* **Жақсы ат.** *Абырой, атақ.* **Жақсы ата.** *Тектi тұқым, өнегелі нәсіл.* **Жақсы ат [атақ] жоқ.** *Қанша бейнеттеніп тырбанса да, мақтау ала алмады, еңбегі зая кетті.* **Жақсы атақ**. *Абыройлы, құрметті ат.* **Жақсы атанды**. *Абыройлы болды, жақсы жағымен танылды.* **Жақсы аты келеді.** *Абырой-атағы, мақтауы саған болады.* **Жақсы болды**. а) *Оңды, жайлы, тәуір болды.* ә) *Құба-құп, тәуір; нұр үстіне нұр.* **Жақсы болсын, жаман болсын.** *Әйтеуір, қалай болмасын.* **Жақсы [жайлы] жатып, жайлы [жақсы] тұрыңыз.** т і л е к. *Ұйықтар кезде, жатар алдында айтылатын игі тілек.* **Жақсы ит өлігін көрсетпейді.** *Өзін ешкімге қорлатпайды, көз түрткі болмай шетке кетеді.* **Жақсы көрді.** *Іш тартып ұнатты, сүйді, жаратты.* **Жақсы көріну.** *Жағыну, жағымпаздану.* **Жақсы қарамады.** *Ұнатпады, жақтырмады, жаратпады.* **Жақсы қашан да [қай жерге де] сыяды.** *Мінезі жақсы адам сыйымды болады деген мағынада.* **Жақсы мен жаманды айырды**. *Оң мен солын таныды, ақылы кірді.* **Жақсы лебіз білдіру**. *Жағымды ой-пікірін, ықыласын айту, оң көзқарасын таныту.* **Жақсысын асырды, жаманын жасырды.** *Жұрт көзінше намысын қорғады, сыр бермеді, көтермеледі, қолдады.* **Жақсының шарапаты.** *Жақсы адамның тигізген пайдасы, көмегі, қайырымы.*

**ЖАҚСЫАТТЫ** с ы н. *Сырт көзге жақсы болып көрінген.*

**Жақсыатты болды.** *Біреудің арқасында жақсы болып көрінді.* **Жақсыатты көрінді.** *Жалпақтап жағынды, жағымпазданды.*

**ЖАҚСЫДАЙ** с ы н. *Жақсы сияқты.*

**ЖАҚСЫ-ЖАЙЛЫ** с ы н. *Жанға жайлы, жағымды, ыңғайлы.*

**ЖАҚСЫ-ЖАЙСАҢ** з а т. *Игі жақсы, ығай мен сығай.*

**ЖАҚСЫ-ЖАҚСЫ** с ы н. *Таңдаулы, ең әдемі.*

**ЖАҚСЫ-ЖАМАН** с ы н. *Жақсысы да, жаманы да аралас, әрқилы, әртүрлі, бәрі бар.*

**ЖАҚСЫ-ЖАМАНДЫҚ** зат. *Жақсылығы мен жамандығы аралас.*

**ЖАҚСЫЗ** сын. *Жақтауы, жағы жоқ.*

**Жақсыз сөйлем.** лингв. *Бастауышы болмайтын сөйлем.*

**ЖАҚСЫЗДАР** зат. зоол. <лат. agnatha> *Суда тіршілік ететін омыртқалы жануарлардың жақтары мен жүзбеқанаттары болмайтын тобы.*

**ЖАҚСЫЛА=** ет. **1.** *Көтермелеп мадақтау, жақсы сөз айту.* **2.** *Айтарлықтай дәрежеге жеткізу, жақсарту, оңдау.*

**Жақсылап көрді.** *Анықтап көрді.* **Жақсылап тыңдады.** *Көңіл қойып, дұрыстап тыңдады.*

**ЖАҚСЫЛАН=** ет. **1.** *Жақсару, тәуірлену, оңалу.* **2.** жерг. *Қайткенде де ұнауға тырысу, жағыну.*

**ЖАҚСЫЛАНУ** *Жақсылан етістігінің қимыл атауы; сәндену, күтіну.*

**ЖАҚСЫЛАҢҚЫРА=** ет. *Ойдағыдай етіп, дұрыстаңқырау, оңдаңқырау.*

**ЖАҚСЫЛАҢҚЫРАУ** *Жақсылаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚСЫЛАТ=** ет. *Дұрыстату, жөндету.*

**ЖАҚСЫЛАТУ** *Жақсылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚСЫЛАУ[1]** сын. *Өзгесіне қарағанда тәуірлеу, оңдылау.*

**ЖАҚСЫЛАУ[2]** *Жақсыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚСЫЛЫ-ЖАМАНДЫ** сын. *Жақсысы да, жаманы да бар, әртүрлі.*

**ЖАҚСЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қайырымдылық, ізгі іс, рақымдылық.* **2.** *Кісі бойындағы адамгершілік қасиет.*

**Жақсылық, жамандық көрсек Алладан.** *Бәрі де Алланың қолында.* **Жақсылық қылды.** *Қайырымдылық жасады, шарапатын тигізді.*

**ЖАҚСЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Жақсылығы жоқ.*

**ЖАҚСЫЛЫҚТАЙ** сын. *Жақсылық сияқты.*

**ЖАҚСЫРАҚ** сын. *Өзгесінен гөрі дұрысырақ, тәуірірек.*

**ЖАҚТА=** ет. *Біреудің сөзін сөйлеу, қолдау, қоштау.*

**ЖАҚТАҒЫШ** сын. *Қолдағыш, қоштағыш, қорғағыш.*

**ЖАҚТАМА** зат. этн. *Әйел адамның басқиімінде жиі кездесетін моншақ, қойма шатыра түрінде тізбеленіп жасалған элемент.*

**ЖАҚТАС** сын. *Бір пікірлес, ниеттес.*

**ЖАҚТАС=** ет. **1.** *Болысу, қолдау.* **2.** грам м. *Ыңғайласып, қиысып тұру.*

**ЖАҚТАСТЫҚ** зат. *Пікірлестік, ниеттестік, бірін-бірі қолдаушылық.*

**ЖАҚТАСТЫР=** ет. *Жақ-жақ қылу, қолдастыру.*

**ЖАҚТАСТЫРУ** *Жақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТАСУ** *Жақтас етістігінің қимыл атауы; болысу, қолдау.*

**ЖАҚТАУ[1]** зат. **1.** *Есік-терезені, қақпаны орнықтыру үшін ұштарын бір-біріне қиюластырып жасаған ағаш қорап.* **2.** *Жүгеннің екі жақ бойы.* **3.** сөйл. *Ердің екі қапталы.* **4.** *Каналдың екі жақ бойы, кенересі.*

**Жақтаудың шайылуы.** сушар. *Су тасуы кезінде гидротехникалық құрылыстар табанының еңкіштігіне байланысты шайылуы немесе канал, өзен жақтауларын су опырып, құлатуы.* **Жақтаулар кәрізі.** сушар. *Жер құрғатуға арналған кәріз құрылысы арқылы жақтау түбіне жиналған суды басқа жаққа бұрып әкету желісімен жүзеге асыру.* **Жақтау тегістегіштер.** сушар. *Канал жақтауларын, табанын тегістеуге арналған машиналар.*

**ЖАҚТАУ[2]** *Жақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТАУЛА=** ет. **1.** *Екі жағына тірек қою, жақтау салу.* **2.** *Бір жақ езуіне қарай жымию.*

**ЖАҚТАУЛАТ=** ет. *Жақтау жасату, орнату.*

**ЖАҚТАУЛАТУ** *Жақтаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТАУЛАУ** *Жақтаула етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТАУЛЫ** сын. **1.** *Жақтауы бар, жақтау салынған.* **2.** *Қанатты, қорапты.*

**ЖАҚТАУША** зат. **1.** *Көпірдің екі жағына қағылған ұзынша ағаш.* **2.** *Жүгеннің екі жағындағы жақтауы.*

**ЖАҚТАУШЫ** зат. *Біреудің сөзін, пікірін құптап қуаттаушы, қолдаушы.*

**ЖАҚТЫ** сын. *Қыры бар.*

**Жақты уатқыш.** кен. *Кенді қозғалмайтын және қозғалатын екі жазық бет арасында бөлшектеп уататын құрал.*

**ЖАҚТЫ-ЖАҚСЫЗ: жақты-жақсыз категория.** лингв. *Сөйлем субъектісінің референтке қатысымен сипатталатын грамматикалық категория.*

**ЖАҚТЫҚ** сын. *Жаққа қатысты, белгілі бір жаққа тән.*

**Жақтық жалғау.** лингв. *Істің кімге тәндігін көрсету үшін етістікке жалғанатын грамматикалық қосымша.*

**ЖАҚТЫЛАН: екі жақтыланды.** *Екіге бөлінді, ажыратылды.*

**ЖАҚТЫЛАУ** сын. *Жағы үлкендеу.*

**ЖАҚТЫЛЫҚ** зат. *Жағы болушылық; жаққа қатысты.*

**ЖАҚТЫР[1]=** ет. *Тұтандыру, жандыру.*

**ЖАҚТЫР[2]=** ет. *Жұққызу, жалатқызу, тигіздіру.*

**ЖАҚТЫР[3]=** ет. *Мақұл көру, жарату, ұнату.*

**Жақтырмаған шырай танытты.** *Біреудің ісін, сөйлеген сөзін ұнатпағанын бет-әлпеті арқылы тыжырынып білдірді.*

**ЖАҚТЫРТ[1]=** ет. *Жаққызу, жандырғызу.*

**ЖАҚТЫРТ[2]=** ет. *Ұнатқызу, жаратқызу.*

**ЖАҚТЫРТУ** *Жақтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТЫРУ** *Жақтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Мақұл көріңкіреу, жаратыңқырау.*

**ЖАҚТЫРЫҢҚЫРАУ** *Жақтырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚҰТ** зат. мин. <грек. sapphieros> **1.** *Қызыл түсті асыл тас, лағылдың көне атауы.* **2.** ауыс. *Асыл, бағалы.*

**ЖАҚҰТТАЙ** сын. **1.** *Жақұт сияқты.* // *Жалт-жұлт етіп.* **2.** ауыс. *Асыл, бағалы.*

**ЖАҚҰТТЫ** сын. **1.** *Жақұты бар, жақұт салған.* **2.** ауыс. *Бағалы, қымбат.*

**ЖАҚҰТША** үст. *Жақұт сияқтанып, жақұт құсап.*

**ЖАҚША[1]** зат. **1.** мат. *Математикалық амалдардың ішінде бірінші орындалатынын білдіретін айшық түрінде жүргізілген таңба.* **2.** лингв. *Сөзге, сөз тіркесі, сөйлемге қосымша мағына үстеу үшін, белгілі бір ойды анықтау, автордың көзқарасын аңғарта түсу үшін, өзінен бұрынғы сөз мағынасын айқындау үшін қолданылатын, жұптасып келетін айшық, тік сызық фигуралы түрінде жүргізілетін таңба.*

**ЖАҚША[2]** үст. *Жаққа ұқсас, жақ сияқты.*

**ЖАҚШАЛА=** ет. *Жақшаға алып жазу.*

**ЖАҚШАЛАУ** *Жақшала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚШАЛЫ** сын. *Жақша ішіне орналасқан, жақшаға алынған.*

**ЖАҚЫ** зат. **1.** *Құлын терісінен тігілген, түгін сыртына қаратып жасаған сырткиім.* **2.** *Құлын терісі.*

**ЖАҚЫБАЙ** зат. сөйл. *Жарлы-жақыбай қос сөзінің екінші сыңары; кедей кепшік, кем-кетік.*

**ЖАҚЫҚ** зат. *Жұмақ, пейіш.*

**ЖАҚЫН[1]** зат. **1.** *Ағайын-туған, туысқан-тума, жегжат.* **2.** ауыс. *Араласатын туыстай адам, өз адамы.*

**Жақыны шырға тартты.** бейн. *Жақын деген, жанашыр деген адамның өзі опасыздық жасады деген мағынада.*

**ЖАҚЫН[2]** үст. **1.** *Аралығы жуық, таяу, таман.* **2.** ауыс. *Көңілдес, ашына-жайлас.* **3.** *Дос, тілеулес, ниеті бір.*

**Жақын арада.** а) *Таяу кезде.* ә) *Осы маңайда, жуық жерде.* **Жақынға шашатын жаңбырлатқыш мәшинелер.** сушар. *Астық, көкөніс, жемшөп және техникалық дақылдарды және жидек алқаптарын, шалғындар мен шабындықтарды жаңбырлата суаруға арналған мәшинелер.* **Жақын жүрді.** *Бір ниеттес болды, іш тартты, жақын тартты.* **Жақын көрді.** *Жуық тұтты, жақсы көрді.* **Жақын қалды.** *Жуықтады, жақындады.* **Жақын тартты.** а) *Көңілі түсті, жақын көрді.* ә) *Туысқан көрді; бауырмашылық істеді.* **Жақын тұтты.** *Іш тартты, жақын санады.* **Жақын шамада.** *Жақын аралықта, таяуда.*

**ЖАҚЫН-АЛЫС** сын. *Жақын көретін де, алыс санайтын да.*

**ЖАҚЫНДА** үст. *Жуық арада, таяуда.*

**ЖАҚЫНДА=** ет. **1.** *Таяп келу, жуықтау.* **2.** ауыс. *Бір әрекетке шамалы қалу, болайын деу.* **3.** *Күзге қарай малдың ойға түсуі, таудан қырға қарай көшуі.*

**ЖАҚЫНДАҢҚЫРА=** ет. *Таяп келіңкіреу, жуықтаңқырау.*

**ЖАҚЫНДАС=** ет. **1.** *Қатарласу, бір-біріне жақын келу.* **2.** *Арақатынастары туыстай болып кету.*

**ЖАҚЫНДАСТЫР=** ет. *Жуықтастыру, араластыру, қосу, жақын ету.*

**ЖАҚЫНДАСТЫРУ** *Жақындастыр етістігінің қимыл атауы; жуықтату, жақын әкелісу.*

**ЖАҚЫНДАСУ** *Жақындас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Араласу, қатысу.* **2.** *Жуық келу, жақын келу.* **3.** *Жыныстық қатынасқа түсу.*

**ЖАҚЫНДАСУШЫЛЫҚ** зат. *Арақатынасы туыстай болып жуықтаушылық.*

**ЖАҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Жуыту.* **2.** *Жақын әкелу, жуықтату.*

**ЖАҚЫНДАТҚЫЗ=** ет. *Жуықтатқызу, тақатқызу.*

**ЖАҚЫНДАТҚЫЗУ** *Жақындатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚЫНДАТҚЫШ** сын. мед. *Ішке қарай тартып жақындататын, алыстатқышқа қарама-қарсы (бұлшық ет).*

**ЖАҚЫНДАТТЫР=** ет. *Жуықтаттыру, тақаттыру.*

**ЖАҚЫНДАТТЫРУ** *Жақындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚЫНДАТТЫРЫЛ=** ет. *Жуықтаттырылу, тақаттырылу.*

**ЖАҚЫНДАТТЫРЫЛУ** *Жақындаттырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚЫНДАТУ** *Жақындат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірдейлестіру, теңестіру.* **2.** *Жақын тарту, жақын көру.*

**ЖАҚЫНДАТУШЫ** зат. *Жуықтатушы, байланыстырушы.*

**ЖАҚЫНДАТЫЛ=** ет. **1.** *Жуықтатылу, тақаттырылу, таяу қойылу.* **2.** ауыс. *Араластырылу, бірдейлестіру, аласару.*

**ЖАҚЫНДАТЫЛУ** *Жақындатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚЫНДАТЫҢҚЫРА=** ет. *Таяңқыратып жуықтатыңқырау.*

**ЖАҚЫНДАТЫҢҚЫРАУ** *Жақындатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҚЫНДАУ[1]** сын. *Белгілі бір тұсқа тақау, таяу.*

**ЖАҚЫНДАУ[2]** сын. *Арасы жуық, туыстығы, ағайындылығы біршама жуықтау.*

**ЖАҚЫНДАУ[3]** *Жақында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таяу, жақын келу.* **2.** *Жолау.*

**ЖАҚЫНДАУШЫЛЫҚ** зат. *Жуықтаушылық, шамалаушылық.*

**ЖАҚЫНДЫҚ[1]** зат. *Орналасу жағынан таялық, жуықтық.*

**ЖАҚЫНДЫҚ[2]** зат. *Аралас-құраластық, жуықтық, туыстық.*

**ЖАҚЫНДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. *Жақындық.*
**ЖАҚЫН-ЖАҚПАЙЛЫҚ** з а т. *Жағымпаздық.*
**ЖАҚЫН-ЖАҚЫБАЙ** з а т. *Туған-туысқан, туыс, туыс емес, аралас-құралас қарым-қатынастағы адамдар.*
**ЖАҚЫН-ЖАМАҒАТ** з а т. *Ағайын-туыс.*
**ЖАҚЫН-ЖАНАП** з а т. ж е р г. *Туыс, алыстау туысқан.*
**ЖАҚЫН-ЖАРАН** з а т. *Туыс-жамағат, жолдас-жора.*
**ЖАҚЫН-ЖОРА** з а т. *Ағайын-туыс, дос-жар.*
**ЖАҚЫН-ЖУЫҚ** з а т. *Көңіл жетер ағайын, дос-жар.*
**ЖАҚЫН-ЖҰРАҒАТ** з а т. *Аталас ағайын, туыс-тума.*
**ЖАҚЫН-ЖҰРТ** з а т. *Ел-жұрт.*
**ЖАҚЫН-ЖЫРАҚ** з а т. *Алыс-жуық, алыс-жақын.*
**ЖАҚЫНСЫ=** е т. *Іш тартып, жуық болғансу, жақындасу.*
**ЖАҚЫНСЫН=** е т. **1.** *Жуықсыну, жақын көру.* **2.** *Өзімсініп, іш тарту.*
**ЖАҚЫНСЫНУ** *Жақынсын етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАҚЫНСЫРА=** е т. **1.** *Жақын тарту, жақынсыну.* **2.** *Сағыну, аңсау.*
**ЖАҚЫНСЫРАУ** *Жақынсыра етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАҚЫН-ТАНЫС** з а т. *Жақын-жуық, туыс-тума.*
**ЖАҚЫН-ТУЫС** з а т. *Туыс-туғандар, ағайындар.*
**ЖАҚЫНША** ү с т. *Жақынға ұқсап, танысша.*
**ЖАҚЫНШЫЛ** с ы н. *Өзімсініп іш тартқыш, туысшыл, бауырмал.*
**ЖАҚЫНЫРАҚ** с ы н. **1.** *Арасы таяуырақ, жуығырақ.* **2.** *Туыстау.* **3.** *Тереңірек, дұрыстау.* **4.** *Ыңғайлас, жуық.*
**ЖАҚЫТ** з а т. ж е р г. *Жағдай.*
**ЖАЛ**[1] з а т. **1.** *Жылқының (құланның, арыстанның, есектің) екі құлақ ортасы мен шоқтығына дейін ұзына бойлай өскен қалың қыл.* **2.** *Адам төсіне өскен жүн, түк.* **3.** *Жылқының шоқтығы мен ауыз омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса біткен майы.* **4.** э т н. *Қазы, қарта, жаямен бірге жылқы етінің кәделі дәмі болып табылатын жылқының желке майы; ұлттық тағам.*
**Жал алды.** *Қоңданды, оңдалды.* **Жал бітті.** а) *Тойынып, қоңданып алды.* ә) *Әл-ауқаты артты, тұрмысы жақсарды.* б) *Көкірек пайда болды, күшейді.* **Жалы бар.** *Семіріп, жал біткен жылқы малына айтылады.* **Жалы бүтін.** *Күйлі, қоңды.* **Жалы кетті.** *Арықтап жүдеді, арыды.*
**ЖАЛ**[2] з а т. *Ұзына бойы енсіз келген көлбеу қырат, жер бедерінің бір түрі, қырқа сілемі, жон-жота, адыр.*
**ЖАЛ**[3] з а т. э к о н. <лат. arendare> **1.** *Ақы алу үшін жалданып істейтін уақытша жұмыс, жалдама.* **2.** *Келісілген ақша үшін уақытша пайдалануға берілген орын.* **3.** ж е р г. *Жалақы, еңбекақы.*
**Жалға алды.** *Жалдады, уақытша тұрды.* **Жалға алу.** э к о н. *Тұрмыста пайдаланатын дүние-мүлікті уақытша пайдалануға алатын меншікті жалға алу шарттарының бірі.* **Жалға алушы.** э к о н. *Жалға берілетін белгілі бір объектіні уақытша иеленуге және пайдалануға алатын заңи немесе жеке тұлға.* **Жалға берді.** *Жылжымайтын мүлікті ақы, төлем үшін екінші жаққа пайдалануға тапсырды.* **Жалға беру.** э к о н. а) *Шарт бойынша жерді, үйді, қазба байлықты, кәсіпорындарды уақытша пайдалануға беру.* ә) *Тұрақты кәсіпкерлік қызмет ретінде мүлікті жалға өткізетін, жалға беруші жалгерге жылжымалы мүлікті уақытша иеленуге немесе пайдалануға ұсынатын жалгерлік түрі.* **Жалға беруші.** *Табиғат және мүлік объектілерін немесе басқа да мүлікті уақытша иеленуге және пайдалануға беретін заңи немесе жеке тұлға.* **Жалға жүрді.** *Малайлықта болды, жалданды.* **Жалға кірді.** *Жалданды, жұмыс істеді.* **Жал төледі.** *Пайдаланғаны үшін ақша төледі.*
**ЖАЛ**[4] з а т. **1.** *Айдалмай, шабылмай қалған шала жер.* **2.** *Шөп үйіндісі, жол-жол етіп жиналған шөп.*
**Жал қамыс.** *Биік болып өскен қамыс.* **Жал пеш.** *Аласалау жасалған пештің түрі.*
**ЖАЛ**[5] з а т. ж е р г. ***Жалған.***
**Жал айтты [сөйледі].** *Жалған айтты, жалтарып айтты.*
**ЖАЛА** [ар. جلاء] з а т. *Жалған тағылған айып, өсек-аяңмен нақақ жабылған іс.*
**Жалаға ұшырады**. *Жалған айып, кінә арқалады.* **Жала жабу**. з а ң. *Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату.* **Жала жапты.** *Өтірік кінә тақты, даттады.* **Жала қойды**. ж е р г. *Жала жапты.* **Жала қылды**. *Жала жапты.* **Жаласына қалды.** *Нақақтан-нақақ айыпты болды, басқа күйді.*
**ЖАЛА=** е т. **1.** *Бір заттың үстімен тілді әрлі-берлі жүргізу.* **2.** а у ы с. *Дәлдеп тимей, сүйкеп жанай өту.* **3.** а у ы с. *Денені тызылдатып қару, ашыту.*
**Жалап кетті.** *Сыпырып-сиырып, түк қалдырмады.* **Жалап өтті.** *Шайып өтті.*
**ЖАЛАҒАШ** з а т. *Теміржол, автожол, жайылым, егістік т.б. қоршап, өсірілген, қорғаныш түріндегі тоғай.*
**ЖАЛАҒЫШТА=** е т. *Қайта-қайта жалай беру.*
**ЖАЛАҒЫШТАУ** *Жалағышта етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАҚ**[1] з а т. **1.** *Ерінді жалай беруден жел қақты боп кебірсіген жара.* **2.** *Жауырдың жазылған орны.*
**Жалақ қақты.** *Аранын ашып, ашқарақтанды, жалақтады.*
**ЖАЛАҚ**[2] з а т. э т н. о й ы н. *Балалардың жаз мезгілінде судың бетіне тас атып ойнайтын ойын түрі.*
**ЖАЛАҚ**[3] с ы н. **1.** *Ащылы сортаң жер.* **2.** *Жалама, жалтыр.*
**ЖАЛА-ҚАЗА** з а т. *Тажалды қырсық, бәле-кесір, өлім.*
**ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ** с ы н. *Тілім-тілім боп жарылған, айғыз-айғыз.*
**ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ** е л і к. *Қарны ашып, ашқарақтанып, жалаңдап қарағанды бейнелейтін сөз.*
**Жалақ-жалақ еткізді**. *Пышағын жарқылдатты.* **Жалақ-жалақ етті.** *Жалмаң қақты, ашқарақтанды.*
**ЖАЛАҚ-ЖҰЛАҚ: жалақ-жұлақ қарады [етті].** *Айналасына алақтап, алақ-жұлақ қарады.*
**ЖАЛАҚОР** с ы н. *Жала жапқыш, бәлеқор.*
**ЖАЛАҚОРЛЫҚ** з а т. **1.** *Жала жапқыштық, бәлеқорлық.* **2. т е р м.** *Ауызша немесе жазба түрде кейде өз атымен, кейде есімін қоймай жеке адамдарға не заңды тұлғаларға кінә артып, жала жабушылық.*
**ЖАЛАҚОРШЫ** з а т. с ө й л. *Жала жабушы, жалақор адам.*
**ЖАЛАҚТА= е т. 1.** *Жалмаңдап жұтынып, жалақ қағу, аса пысықсыну.* **2.** *Құлқыны құрып жалақтау, ашқарақтану.* **3.** а у ы с. *Ұйытқу, бас көтертпей борау.*
**ЖАЛАҚТАН=** е т. *Жалақ боп кебірсіген жара түсу.*
**ЖАЛАҚТАНУ** м е д. *Жалақтан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАҚТАТ=** е т. *Жалаң-жалаң еткізу.*
**ЖАЛАҚТАТУ** *Жалақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАҚТАУ** *Жалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАҚЫ** з а т. э к о н. *Қызметкердің белгілі бір уақыт кезеңінде (күн, ай, жыл) алатын ақшалай немесе заттай нысандағы төлемдерінің жиынтығы.*
**Жалақыдан ұстау.** э к о н. *Қызметкерге тиесілі қаражаттан әкімшіліктің өкімімен немесе фирманың «Еңбекке ақы төлеу ережелеріне» сай белгілі бір ақша сомасын шегеріп қалу.* **Жалақы қоры.** э к о н. *Белгілі бір уақыт кезеңінде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу үшін қарастырылатын ақшалай қаражаттың жалпы сомасы.*
**ЖАЛАҚЫЛЫ** с ы н. *Қаражат берілетін, төленетін, ақысыз емес.*
**ЖАЛАЛА=** ет. *Жалған айып тағу, жала жабу.*
**ЖАЛАЛАУ** *Жалала етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАЛЫ** с ы н. *Кінәсіз, айып тағылған, нақақтан жаманатты.*
**ЖАЛАМА** с ы н. **1.** *Кедір-бұдыры жоқ, жалтыр, тегіс.* **2.** *Жылмағай, жып-жылтыр.*
**Жалама жем.** *Өртенген мал сүйегін топырақтың соры, тұз, балауса шөп, кебекпен араластырып, су қосып илеп отқа кептірілген кішірек сықпа құрт пішініндегі жем.* **Жалама тұз.** *Малға берілетін кесек тұз.*
**ЖАЛАМАТ** з а т. ж е р г. *Сүтке ұн салып, қант қосып пісірген ұн көже сияқты ас.*
**ЖАЛАМЫҚ** з а т. ж е р г. *Малдың жарасын емдейтін, ащы шөптен қайнатып жасайтын дәрі.*
**ЖАЛАМЫР** с ы н. **1.** *Өзен жағасындағы су шайған жайдақ жер.* **2.** а у ы с. *Қатты суық, ұскірік.*
**ЖАЛАМЫРЛА=** е т. *Апшысын қуыру, берекесін кетіру.*
**ЖАЛАМЫРЛАНУ** *Жаламырлан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАМЫРЛЫҚ** з а т. *Қаттылық, сараңдық.*
**ЖАЛАН** з а т. *Қаз-үйрек атуға қолайлы жер.*
**ЖАЛАН=** е т. **1.** *Тамақ жегісі келіп, сілекейі шұбыру, жұтыну.* **2.** а у ы с. *Жалаңдау, жалақтау.*
**ЖАЛАНУ** *Жалан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАЛАҢ**[1] с ы н. **1.** *Тек қана, бір ғана жалғыз, құр өзі.* **2.** *Жалаңаш.* **3.** а у ы с. *Жайдақ, көңілсіз.*
**Жалаң дала.** *Ағашсыз, ормансыз дала.* **Жалаң кеуделеу.** *Хабары аз, дайындықсыздау.* **Жалаң қабат.** *Қосарланбаған, жұқа, жеңіл, бір өзі ғана.* **Жалаң қат.** *Жалаң қабат.* **Жалаң қол.** а) *Техникасыз, қолмен.* ә) *Жалаңаш қол, киімсіз қол.* **Жалаң қылыш.** к ө н е. *Алдаспан, жалманы бар ұшы ауырлатылып жасалған қынсыз ұстайтын кесу қаруы.* **Жалаң символ.** и н ф. <ағыл. idlt character> *Ешқандай мәліметтер берілмейтіндігі туралы хабарлама бере отырып, желі бойынша жіберілетін бос операция коды.* **Жалаң сирақ.** а) *Жас бала, кедей-кепшіктің баласы.* ә) *Әлі жас, ержетпеген, өмірге араласпаған.* **Жалаң сөз.** а) *Жай әшейін, құрғақ сөз.* ә) *Дәлелі жоқ, көпірме сөз.* б) л и н г в. *Жұрнақтың қосылғанына, қосылмағанына қарамастан, құрамында бір ғана негізгі түбірі бар сөздер.* **Жалаң сөйлем.** л и н г в. *Бастауыш пен баяндауыштан ғана құрылған сөйлем.* **Жалаң таңба.** и н ф. <ағыл. character> *Уақытша сирету үшін байланыс желісі бойынша берілетін хабарға үстемеленетін (қосымша берілетін) таңба.* **Жалаң үйлесім.** и н ф. <idle pattern> *Мәліметтерді жеткізу желісінің жүктелмейтіндігін көрсететін 15 не одан да көп бірліктің тізбесі.*
**ЖАЛАҢ**[2] с ы н. ж е р г. *Жалаңдаған, жалмаңдаған.*
**Жалаң қақты.** *Жалмаңдап, жалақтады.*
**ЖАЛАҢАШ**[1] с ы н. **1.** *Үстінде лыпасы жоқ, киімсіз. // Киім кимеген, лыпасыз адам.* **2.** *Ашық, құр дене.* **3.** а у ы с. *Лайықты киінбей, дұрыс киімін кимей.* **4.** а у ы с. *Дымсыз, құрқол, бос.* **5.** а у ы с. *Бетінде түк жоқ ашық, жадағай, тақыр.* **6.** а у ы с. *Заттың өзінен басқа ештеңесі жоқ, жалаң өзі ғана.*

**Жалаңаш батыр.** *Көзсіз ерлік жасайтын, жанкешті кісі.* **Жалаңаш ет.** *Киімсіз дене, ашық дене, жалаң дене.* **Жалаңаш қол.** *Ашық қол, қолғапсыз жалаң қол.* **Жалаңаш шың.** *Таудың орман өскен жоғары шегінен биікте жатқан бөлігі.* **Жалаңаш шырыш.** зоол. <лат. arionidae limacidae> *Дене пішімі жұрт тәрізді жұмыр болып келетін, бақалшақсыз басында екі жұп қармалауыштары бар, тәні түгелдей кілегей шырышпен қапталған бауыраяқты ұлулар класының сабақша көзділер отрядының бір түрі.*

**ЖАЛАҢАШ**[2] зат. жерг. *Ашық қора.*

**ЖАЛАҢАШ-ЖАЙДАҚ** үст. *Қалай болса солай, салдыр-салақ.*

**ЖАЛАҢАШ-ЖАЛПЫ** сын. *Жөні түзу киімсіз, жеңіл-желпі.*

**ЖАЛАҢАШТА=** ет. **1.** *Үстіндегі киім-кешегін сыпырып-сыдыру, шешу.* **2.** *Ашу, киімін ысыру.* **3.** ауыс. *Сылып, аршып тастау.*

**ЖАЛАҢАШТАЛ=** ет. *Жалаң, ашық қалу.*

**ЖАЛАҢАШТАН=** ет. **1.** *Шешіну, киімсіз қалу.* **2.** ауыс. *Жалаңқайлану, бос, ашық қалу.*

**Жалаңаштанған төбенің орнықтылығы**. геол. *Кеңістік төбесін құрайтын таужыныстардың қопсып құламай, өзінің тепе-теңдік қалпын сақтау қабілеті.*

**ЖАЛАҢАШТАНУ** *Жалаңаштан етістігінің қимыл атауы.*

**Жалаңаштану ауданы.** кен. *Кен жұмыстарын жүргізу нәтижесінде пайда болған қазылымның ашық бетінің ауданы.*

**ЖАЛАҢАШТАУ**[1] сын. *Жадағайлау келген, ашықтау, тақырлау.*

**ЖАЛАҢАШТАУ**[2] *Жалаңашта етістігінің қимыл атауы; жадағайландыру.*

**ЖАЛАҢАШТАУЛЫҚ** зат. *Жұтаңдық, бостық.*

**ЖАЛАҢАШТЫ-ЖАЛПЫЛЫ** сын. сөйл. *Жалаңаш-жалпы.*

**ЖАЛАҢАШТЫҚ** зат. **1.** *Кедейлік, жоқ-жітіктік.* **2.** ауыс. *Жалаңқайлық, бостық.*

**ЖАЛАҢАЯҚ** сын. **1.** *Аяққиімсіз, аяққиім кимеген.* **2.** ауыс. *Азып-тозған, тоз-тозы шыққан. // Қаратабан, кедей адам.* **3.** *Қаңғыбас азғын, кезбе. // Бос, құрқол, түк бітірмей, қол қусырып.*

**Жалаңаяқ жар кешті.** *Үлкен бейнет шекті, тұрмыс қиындығын көрді.* **Жалаңаяқ жол**. *Жаяу адам жүретін жалғыз аяқ жол.* **Жалаңаяқ жүрді.** *Аяққиім кимей жүрді, аяққимін шешіп алып жүрді.* **Жалаңаяқ қар кешті.** *Жалшылықта жүрді, жанын аямай еңбек етті.*

**ЖАЛАҢАЯҚТЫҚ** зат. *Киімі жоқтық, кедейшілік.*

**ЖАЛАҢБАС** сын. **1.** *Баскиімсіз, баскиім кимеген.* **2.** ауыс. *Азып-тозған, тоз-тозы шыққан.*

**ЖАЛАҢБАСТАН=** ет. *Баскиімсіз жүру, бас киімін шешу.*

**ЖАЛАҢБАСТАНУ** *Жалаңбастан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАҢБҰТ** сын. *Бұтына кимеген, шалбар т.б. киімсіз.*

**Жалаңбұт [жүгіріп] жүретін кез.** *Балалық шақ, бала кез.* **Жалаңбұт келді**. *Көнетоз киіммен, жасау-жабдықсыз келді.*

**ЖАЛАҢДА=** ет. **1.** *Жалмаң қағып, жұтынып жалақтау.* **2.** ауыс. *Жалыңдау, лапылдау.* **3.** ауыс. *Айпап-жайпап, лыпып, құтырыну.* **4.** ауыс. *Араны ашылу, жалмаңдау.*

**ЖАЛАҢДАС=** ет. *Жалақтасу, жалмаңдасу.*

**ЖАЛАҢДАСУ** *Жалаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАҢДАТ=** ет. *Жалақтату, әрлі-берлі сілтеу.*

**ЖАЛАҢДАТУ** *Жалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАҢДАУ**[1] сын. *Тақырлау, жалаңаштау, бостау.*

**ЖАЛАҢДАУ**[2] *Жалаңда етістігінің қимыл атауы; жалмаң қағу.*

**ЖАЛАҢДЫҚ** зат. *Жадағайлық, жайдақтық.*

**ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ** елік. *Жалаңдаған, жалмаң қаққан қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалаң-жалаң еткізді**. *Жалаңдатты, жалмаң-жалмаң еткізді.* **Жалаң-жалаң етті.** *Жалмаң-жалмаң етіп, жалақтады.*

**ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ** үст. *Жалаңдаған, алақжұлақ еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалаң-жұлаң етті**. *Жалт-жұлт, жарқ-жұрқ етіп көрінді.*

**ЖАЛАҢҚАЙ** сын. **1.** *Бетінде түгі жоқ, жадағай, тақыр.* **2.** ауыс. *Қолы қысқа, жалғыз басты.*

**ЖАЛАҢҚАТ** зат. көне. *Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт.*

**Жалаңқат сауыт.** этн. *Астары, тысы жоқ бір ғана қорғаныштық қабаттан тұратын батырлардың қорғануға арналған киімі.*

**ЖАЛАҢҚАТ**[1] сын. *Жалаң қабат.*

**ЖАЛАҢҚАТ**[2] сын. жерг. *Жартымсыз, болмашы, азғана.*

**ЖАЛАҢҚАЯ** зат. *Суық, бұрқасын кез.*

**ЖАЛАҢҚАЯ** сын. қарап. **1.** *Бос, мәнсіз.* **2.** ауыс. *Жалаңдаған, жалмаң-жалмаң еткен.*

**ЖАЛАҢҚИЯ**[1] зат. *Шөп өспейтін тасты, таулы аймақ.*

**ЖАЛАҢҚИЯ**[2] сын. жерг. *Сұрқия, сұм.*

**ЖАЛАҢҚОЙ** сын. *Жалаң, бос, мәнсіз.*

**ЖАЛАҢҚЫ** сын. **1.** *Жалаңаштау келген, тақырлау.* **2.** *Жалаңдаған тойымсыз, ашқарақ; обыр.*

**ЖАЛАҢТӨС** сын. **1.** *Білекті сыбанып кірісетін, ештеңеден тайынбайтын (кісі).* **2.** *Аянар түгі жоқ, мұқтаждықпен күн кешкен қара табан.*

**Жалаңтөс, жүнді балақ батыр**. *Сом кеуде, бура сан, алып, ержүрек батыр.*

**ЖАЛАҢТҰҚЫМ** зат. өс. *Тұқымы бір ғана дәннен тұратын өсімдік.*

**ЖАЛА-ПӘЛЕ** зат. сөйл. ***Бәле-жала.***

**ЖАЛАП-ЖАЛМА=** ет. *Түк қоймай сыпырып-сиыру, ештеңе қалдырмау.*

**ЖАЛАП-ЖАЛМАУ** *Жалап-жалма етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАП-ЖҰҚТА=** ет. **1.** *Жұғын қалдырмау, дым қалдырмау, тазалау.* **2.** *Сыпырып-сиыру, тақырлау.* **3.** ауыс. *Малдың төлін жалап, июі.* **4.** ауыс. *Өбу, сүю, аймалау.* **5.** *Түк қалдырмай жеп қою.*

**ЖАЛАП-ЖҰҚТАУ** *Жалап-жұқта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАП-ЖҰТ=** ет. **1.** *Түк қалдырмай қылқып, жалмау, жұғын қалдырмай тақырлау.* **2.** ауыс. *Апшысын қуыру, тықсыру.*

**ЖАЛАП-ЖҰТУ** *Жалап-жұт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАС** зат. жерг. *Белес, жота.*

**ЖАЛАС=** ет. **1.** *Түк қалдырмай жеу.* **2.** сөйл. *Жалмаңдасу, жалмаң-жалмаң ету.* **3.** ауыс. *Аймаласу, сүйісу, өбісу.*

**ЖАЛАСУ** *Жалас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАСЫП-ЖҰҚТАС=** ет. экспр. *Аймаласу, өбісу, сүйісу.*

**ЖАЛАСЫП-ЖҰҚТАСУ** *Жаласып-жұқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАТ=** ет. **1.** *Өзгенің жалауына қол жеткізу.* **2.** *Тамақтандыру, беру, татқызу.* **3.** қолөнер. *Жұқалап жағу, жүргізу, аптау.*

**ЖАЛАТАЙ** сын. жерг. *Жылпос, өтірікші, алдамшы.*

**ЖАЛАТАЙШЫЛЫҚ** зат. жерг. *Азғындық, алаяқтық.*

**ЖАЛАТУ** *Жалат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Беру, тамақтандыру, татқызу.* **2.** қолөнер. *Жұқалап жағу, аптау.*

**ЖАЛАТЫЛ=** ет. *Апталу, күптелу, жүргізілу.*

**ЖАЛАТЫЛУ** *Жалатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАУ**[1] зат. **1.** *Қалыпты түсті матадан істеліп, сап бекітілген ту.* **2.** <гол. vlag> *Елтаңба салынған, бір түстес матадан істелген ту.* **3.** әск. *Түркі халықтарының өз әскерін жау әскерінен ажырату үшін жаяуынгерлердің найзасына, дулығасына матадан қиып таққан арнайы белгісі.* **4.** инф. <ағыл. flag> *Дербес жұмыс істейтін құрылғы үшін стандартты операцияларды орындау ерекшеліктерін көрсету мақсатында бағдарлама арқылы орнатылатын белгі; бір разрядты индикатор.*

**Жалау етті.** *Үлгі-өнеге тұтты.*

**ЖАЛАУ**[2] *Жала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАУДАЙ** сын. *Жалау сияқты, жалау тәрізді.*

**ЖАЛАУҚАЗЫҚ** зат. өс. *Тыңайған жерлерде өсетін, астық тұқымдас, түсімді, біржылдық жабайы шөп.*

**ЖАЛАУЛА=** ет. **1.** *Желбіреу; алаулау.* **2.** ауыс. *Көңілі алабұрту, жаны жадырау, желпілдеу.*

**ЖАЛАУЛАН=** ет. *Ағараңдану, алаулану, жалқындану, ақжалқындану.*

**ЖАЛАУЛАТ=** ет. **1.** *Жалау көтеру, жалау ұстау.* **2.** *Жалау тәріздендіру, алаулату, қызыл түске бояу.* **3.** ауыс. *Жар салу, дабырайту.* **4.** *Лаулату.*

**ЖАЛАУЛАТУ** *Жалаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛАУЛАУ** *Жалаула етістігінің қимыл атауы; жалау қадау.*

**ЖАЛАУЛЫ** сын. **1.** *Жалау ілінген, жалауы бар.* **2.** ауыс. *Озат, марапатталған.* **3.** ауыс. *Жайнаған, шат-шадыман.*

**Жалаулы найза.** *Қыл құйрық ілген найза.*

**ЖАЛАУЛЫҚ** сын. *Жалауға арналған.*

**ЖАЛАУСА** зат. сөйл. *Жала.*

**ЖАЛАУША**[1] зат. **1.** *Көлемі кішкентай жалау.* **2.** тар. *Еңбекте, оқуда т.б. табысқа жеткен екпінділерге, белсенділерге берілген белгі.*

**ЖАЛАУША**[2] үст. *Жалауға ұқсап, жалау сияқты.*

**ЖАЛАУШЫ** зат. *Жалау ұстаушы, жалау иесі.*

**ЖАЛАУЫРЫН** зат. жерг. *Жалақы, еңбекақы.*

**ЖАЛБА** сын. *Жұлымы шығып жыртылған, шоқпыт.*

**Жалба тымақ.** *Жұлым-жұлым тымақ киген адам.*

**ЖАЛБАҒАЙ**[1] зат. **1.** *Күн өтпеу үшін немесе масадан қорғану үшін істелген баскиім, күләпара. //Жалбағай киген адамдар.* **2.** *Теріден, матадан, жұқа ақ киізден пошымы тымақ тәрізді етіп тігілетін сулық (жұмыс) баскиім.*

**ЖАЛБАҒАЙ**[2] зат. зоол. *Сарғыш тұмсығы қалақ тәрізді, түсі біркелкі ақ, қауырсынсыз, қара сирақты ірі құс.*

**ЖАЛБАҒАЙЛЫ** сын. *Жалбағайы бар, күләпаралы.*

**ЖАЛБА-ЖҰЛБА** сын. *Жұлым-жұлымы шыққан, шоқпыт-шоқпыт.*

**ЖАЛБАЙ** зат. жерг. *Жалбағай.*

**ЖАЛБАҚ** зат. *Жарамсақтық, жағымпаздық.*

**Жалбақ қақты.** *Біреудің алдында құрдай жорғалады, құрақ ұшты.*

**ЖАЛБАҚ** сын. *Жалбыраған, жалбаң-жалбаң еткен.*

**ЖАЛБАҚАЙ** сын. экспр. *Жалбақ қаққыш, жарамсақ. //Жағымсыз, жарамсақ адамдар.*

**ЖАЛБАҚТА=** ет. экспр. **1.** *Далбақтап даландау, жалп-жалп ету.* **2.** ауыс. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.*

**ЖАЛБАҚТАС=** ет. *Бәйек болысу, құрақ ұшысу.*

**ЖАЛБАҚТАСУ** *Жалбақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАҚТАУ** *Жалбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАЛА=** ет. *Жұлым-жұлымын шығару, тоз-тозын шығару.*

**ЖАЛБАЛАҚТА=** ет. **1.** *Далбақтап далаңдау, жалп-жалп ету.* **2.** ауыс. *Ес-түсі кетіп, құрақ ұшу, бәйек болу.*

**ЖАЛБАЛАҚТАУ** *Жалбалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАЛАН=** ет. *Жұлым-жұлымы шығу, тоз-тозы шығу.*

**ЖАЛБАЛАНУ** *Жалбалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАЛАУ** *Жалбала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАҢ** елік. *Ебедейсіз, икемсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалбаң қақты**. а) *Жалбаңдады, қалбаң-құлбаң етті.* ә) *Жалбақтап құрақ ұшты, құрдай жорғалады.*

**ЖАЛБАҢДА=** ет. **1.** *Далаңдау, жалп-жалп ету, жалпылдау.* **2.** ауыс. *Ебедейсіз, икемсіз қимылдау, жалпылдау.* **3.** ауыс. *Жалпақтау, құрақ ұшу.*

**ЖАЛБАҢДАС=** ет. *Жалпаңдасу, жалбақтасу, ашық-жарқын араласу, мәз болып, көңіл көтерісу.*

**ЖАЛБАҢДАСУ** *Жалбаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАҢДАТ=** ет. *Жалбақтату, жалбалақтату, жалбаң-жалбаң еткізу.*

**ЖАЛБАҢДАТУ** *Жалбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАҢДАУ** *Жалбаңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалпылдау, далаңдау.* **2.** ауыс. *Жағымпаздану, жағыну, жарамсақтану.*

**ЖАЛБАҢ-ЖАЛБАҢ** елік. *Жалп-жалп етіп, қайта-қайта жалпылдаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалбаң-жалбаң етті.** а) *Әлсін-әлсін жалпылдап, қозғалақтады, желпілдеді.* ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.*

**ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ** елік. *Жалп-жалп етіп ебедейсіз, икемсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛБАҢҚҰЛАҚ** зат. өс. сөйл. ***Жалманқұлақ.***

**ЖАЛБАР=** ет. сөйл. *Жалбарыну, жалыну.*

**ЖАЛБАРАҚТА=** ет. *Жалпылдау, жалбаңдау.*

**ЖАЛБАРАҚТАУ** *Жалбарақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБАРЫН=** ет. **1.** *Құлдық ұрып, қиылып жалыну.* **2.** діни. *Алла Тағалаға сиыну, дұға тілеу.*

**ЖАЛБАРЫНҒЫШ** сын. *Құлдық ұрып, қиылып жалынғыш.*

**ЖАЛБАРЫНДЫ** сын. *Жалбарынышты, кіріптар.*

**ЖАЛБАРЫНУ** *Жалбарын етістігінің қимыл атауы; Алла Тағалаға сиыну, дұға тілеу.*

**ЖАЛБАРЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Өтініп жалынушылық.*

**ЖАЛБАРЫНЫШ** зат. *Жалынышты өтініш.*

**ЖАЛБАРЫНЫШТЫ** сын. *Ісі түскен, жалынышты.*

**ЖАЛБАС** сын. жерг. *Жалы күзелмеген, жалды.*

**Жалбас ат.** *Жал-құйрығы қалың әрі жер сызардай ұзын, дене бітімі тығыршықтай, шоқтығы биік ат.*

**ЖАЛБИ=** ет. экспр. *Қалқиып жарбию.*

**ЖАЛБИЮ** *Жалби етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫЗ** зат. өс. <лат. mentha> *Ерінгүлділер тұқымдасына кіретін, сыздауыт жерлерде өсетін хош иісті дәрілік, тағамдық, сәндік өсімдік.*

**Жалбыз майы**. бот. *Жалбыз гүлдерінен, көк балаусасынан алынатын хош иісті, түссіз сұйықтық.*

**ЖАЛБЫЗБАЛА=** ет. **1.** *Жайқалып, гүл-гүл жайнау.* **2.** ауыс. *Үзілдіру, суыртпақтау.*

**ЖАЛБЫЗБАЛАУ** *Жалбызбала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫЗДАЙ** сын. *Жалбыз сияқты, жалбыз тәрізді.*

**ЖАЛБЫЗТІКЕН** зат. өс. <лат. altheae> *Құлқайыр тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ЖАЛБЫЗДЫ** сын. *Жалбызы бар, жалбызы қалың өскен.*

**ЖАЛБЫЛА=** ет. *Жапсарлай тасалана жүру.*

**ЖАЛБЫЛАУ** *Жалбыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫР** зат. биол. *Жәндіктер мен балдырлардың су түбіне жабысып өсуі нәтижесінде қалыптасатын немесе әртүрлі себептермен су түбінде баяу домалаған жекелеген таужынысы кесекшелерінің (түйірлерінің) сырт өңірін қаптай түзілетін домалақ пішінді карбонатты сорындылар.*

**ЖАЛБЫР** сын. **1.** *Ұйысып сабалақтанған; дудырап қобыраған.* **2.** *Жырым-жырым боп жыртылған, жалба-жұлба.* // *Жалба-жұлба киінген адамдар.*

**Жалбыр бие.** *Түгі ұзын қылшықты, жалқұйрығы қалың боп, жерге төгіліп тұратын бие.* **Жалбыр бура.** *Жүндес келген, шудалары шұбатылған, жасы толысқан таза нәсілді келеге түсетін еркек айыр түйе.*

**ЖАЛБЫРА=** ет. **1.** *Тербетіліп жайқалу, желкілдеп желбіреу.* **2.** *Дудырап жайылу.* **3.** *Далдал болу, жұлым-жұлымы шығу.* **4.** ауыс. *Өліпөшу, жалпылдау, жалпаңдау.*

**ЖАЛБЫРАҚ[1]** зат. *Желбір, желбіршек.*

**ЖАЛБЫРАҚ[2]** зат. өс. *Көппектің бір түрі.*

**ЖАЛБЫРАҚ[3]** сын. *Жалп-жалп еткен, жалбыраған.*

**Жалбырақ қақты.** *Жалбақтады, жалпаңдады, құрдай жорғалады.*

**ЖАЛБЫРАҚСЫЗ** сын. *Желбірексіз, желбіршегі жоқ.*

**ЖАЛБЫРАҚТА=** ет. сөйл. *Жалбақтау.*

**ЖАЛБЫРАҚТАУ** *Жалбырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫРАҢҚЫ** сын. *Үш жағы жырым-жырым, жалбыраған.*

**ЖАЛБЫРАТ=** ет. *Жалпылдату, жалп-жалп еткізу.*

**ЖАЛБЫРАТУ** *Жалбырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫРАУ** *Жалбыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫРАУЫҚ** зат. *Салбырап, салпыншақтанған зат.*

**ЖАЛБЫР-ЖАЛБЫР** сын. *Күлтеленіп ұйысқан, сабалақ-сабалақ.*

**ЖАЛБЫР-ЖҰЛБЫР** сын. сөйл. *Жалба-жұлба.*

**ЖАЛБЫРЛА=** ет. жерг. ***Жалбыра.***

**ЖАЛБЫРЛАУ** *Жалбырла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫРШАҚ** зат. **1.** *Жұмыршақ пен ұлтабар арасында орналасқан, ішкі бетінің қабаты көп қарын.* **2.** *Жалбырақ, желбіршек.* // *Жас, жасөспірім.*

**ЖАЛБЫРШАҚТАЙ** сын. *Жалбыршақ тәрізді, жалбыршақ сияқты.*

**ЖАЛБЫРШАҚТАН=** ет. *Жалбыршақ-жалбыршақ болып бөліну, салпыншақтану.*

**ЖАЛБЫРШАҚТАНУ** *Жалбыршақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛБЫРШАҚТЫ** сын. *Жалбыршағы бар.*

**ЖАЛГЕР** зат. экон. *Жылжымайтын мүлікті жалдайтын адам.*

**ЖАЛГЕРЛІК** сын. экон. *Жалға алу жөніндегі, жалға алуға қатысты.* // *Мүлік т.б. қызмет көрсету нысандарын пайда түсіру немесе қаражат алу мақсатымен жалға беруші және жалдаушы жақтар арасындағы жасалған келісім-шарт.*

**Жалгерлік кәсіпорын**. экон. *Мүліктік кешенді жалға алып, кәсіпкерлік қызмет атқаратын кәсіпорын.* **Жалгерлік мердігерлік**. экон. *Бөлімшелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың жекелеген қызметкерлерінің (қызметкерлер топтарының), ұжымдарының еңбегін ұйымдастыру және еңбекақысын төлеу нысаны.* **Жалгерлік төлемақы [ақы]**. экон. *Мүлік үшін не уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін жалгерлік басқа бір объект үшін төленетін төлемақы.* **Жалгерлік шарт**. экон. *Жалға беруші мен жалгер арасында еріктілік және толық тең құқықтылық негізінде жасасылатын жалдау шарты.*

**ЖАЛҒА=** ет. **1.** *Екі нәрсенің аралығын біріктіріп қосу, ұштастырып байланыстыру.* **2.** *Қосу, ұстеу, жамау.* **3.** ауыс. *Дамыта түсу, сабақтастыру, жалғастыру.*

**ЖАЛҒАҚ** зат. тех. *Құрылғыларға кіші диаметрлі түтіктерді не құбырларды қосу үшін қолданылатын қондырғы.*

**ЖАЛҒАМА[1]** зат. зоол. <лат. anastomosis> *Жануарлар ағзасындағы магистральды қан тамырларының бүйірлік тармақтарының өзара жалғасып байланысуы.*

**ЖАЛҒАМА[2]** сын. *Бірінің шеті біріне жалғас, ұластырма.*

**ЖАЛҒАМАЛЫ** сын. *Бірімен-бірі қосылған, ұластырмалы, ұламалы.*

**Жалғамалы тілдер**. лингв. <лат. agglutinatio> *Тілдерге типологиялық немесе морфологиялық топтастыру принципін қолдану арқылы, яғни грамматикалық құрылысына қарап топтастыру нәтижесінде бөлінетін тілдер типі.*

**ЖАЛҒАМСЫЗ** сын. *Қоспасыз, шын.*

**ЖАЛҒАН[1]** сын. **1.** *Шындығы жоқ, өтірік.* **2.** *Бояма, шынайы емес, жасанды.* **3.** ауыс. *Опасыз, тұрақсыз, тиянақсыз.* // *Жарық дүние, өмір, тіршілік.*

**Жалған ақпарат**. а) әск. *Қарсыласты жаңылдыру мақсатында өз әскерлері (күштері) олардың топтастырылуы, құрамы, қару-жарағы, ұрысқа қабілеттілігі, ұрыс қимылдарының жоспары және т.б. жөнінде әдейі жалған ақпарат таратудан тұратын оперативтік (стратегиялық) бүркеніш тәсілі.* ә) инф. <ағыл. false information> *Объектінің сипаттамалары мен белгілері дұрыс емес әрі қате бейнеленген ақпарат не нақтылы жоқ объект туралы ақпарат.* **Жалған ақша**. экон. *Коммерциялық банктердегі мерзімдік және жинақ салымдарында сақталған қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшалай қаражат.* **Жалған ақша жасау**. экон. *Мемлекет мүддесіне зиян келтіретін экономикалық қылмыстық іс-әрекет.* **Жалған аяқшалар**. биол. *Қарапайымдардың, саркодиналар класының өкілдерінде денесінің кез келген жерінен уақытша цитоплазма өсінділері, яғни жалған аяқшалар пайда болып, жәндіктің қозғалуын және қорек заттарды жинау қызметін атқарады.* **Жалған аэродром**. әск. *Қарсыласты авиацияның шын орналасуына қатысты жаңылыстыруға арналған аэродром.* **Жалған банкроттық**. экон. *Фирма басшылығының берешекті өтеу үшін қаражаты бола тұрып, төлемдерге мұрсат және шегерім алу үшін несие берушіні адастыру мақсатымен өзінің дәрменсіздігі туралы көрінеу жалған құлақтандыруы.* **Жалған басты.** *Жаза басты, қателесті.* **Жалған басымдылық**. биол.

*Гомологты хромосомалардағы сәйкес геннің жойылуына байланысты рецессивті геннің немесе аллельдің фенотиптік көрініс беруі.* **Жалған буын**. анат. <грек. pseudos arthron> *Бітпеген сынық орнында немесе ағзаның дұрыс қалыптаспауынан пайда болатын сүйектің қалыптан тыс «ойнақшып» қозғалып тұруы.* **Жалған графикалар символы**. инф. <ағыл. symbol the pseudo-diagrams> *Мәтіндік режимде графикалық бейнелерді құруға пайдаланылатын таңба.* **Жалғанға тіпті тоймады**. *Өмірдің қызығына құмары қанбады.* **Жалған дербес жұмыс**. инф. <ағыл. pseudo offline operation> *Орталық процессордың қатысуымен сыртқы құрылғылардың арасындағы мәліметтер алмасу.* **Жалғанды жалпағынан басты [таптады]**. *Дүниені шайқап өтті, береке, молшылықтың, қызық, тамашаның жуан ортасында жүрді.* **Жалған дүние.** фольк. *Тиянағы жоқ, өткінші ғұмыр, алдамшы, тұрақсыз өмір.* **Жалған жекпе-жек.** спорт. *Бәсекелестердің алдын ала келісімі бойынша өтетін жекпе-жек.* **Жалған жіпше**. биол. *Төменгі құрылымды саңырауқұлақтардың (хитридиомицеттер класы) кейбір бір клеткалы түрлерінің өсінділері.* **Жалған капитал**. экон. *Келісілген құны бар капитал, бірақ нақты капиталдан өзгеше түрде материалдық-заттық немесе рухани құндылығы жоқ, ал несие капиталынан өзгеше түрде ақша емес.* **Жалған кәсіпкерлік**. экон. *Кәсіпкерлік қызметті немесе банк қызметін жүзеге асыруды ниет етпей коммерциялық ұйым құру.* **Жалған күн**. физ. *Гало – Күн айналысында пайда болатын, пішіні Күн дискісіне ұқсас жарық дақтар; атмосфералық-оптикалық құбылыс.* **Жалған күректұмсықтылар.** зоол. <лат. pseudoscaphirhynchus> *Бекірелер тұқымдасының тұщы суда тіршілік ететін туысы.* **Жалған қаралау.** қолөнер. *Темірден жасалған бұйымның бетіне күмісті өрнек түсіру тәсілі.* **Жалған қолданбалы бағдарлама**. инф. <ағыл. pseudoapplication program> *Операциялық жүйені жөндеуге арналған бағдарлама.* **Жалған құжат**. з аң. *Жеке бастың пайдасын күйттеп, түпнұсқа құжатты бұрмалау немесе жалған құжаттар (қаржы, бухгалтерлік, кадрлық т.б. құжаттар) жасау.* **Жалғанның жаннаты**. *Дүниедегі ең жақсы нәрсе, дүниенің рақаты.* **Жалғанның жартысы құлағандай болды**. *Астан-кестен болды, дүрлікті.* **Жалғанның жартысындай.** *Дөңкиген, ірі денелі, алпамсадай.* **Жалған өнім**. <лат. surrogatus> а) *Басқа бір өніммен қайсыбір қасиеттері бірдей болғанымен, онша сапасы жоқ өнім.* ә) *Қолдан жасалған жалған бұйым.* **Жалған программалық секция**. инф. <ағыл. fictitious program section> *Мәліметтерді өңдеу операциясы анықталмайтын программалық секция.* **Жалған сұйылту.** кен. *Қабат арқылы өткізілетін сұйылтқыштың (газ немесе сұйықтық) әсерінен түйіршікті сусымалы материал қабатының «жалған сұйықтыққа» айналуы.* **Жалған табан.** кен. *Пайдалы қазылым кен орнының немесе кен қабатының тікелей астына орналасқан, онша қалың емес, бос таужыныс қабаты немесе бірнеше қабаттар.* **Жалған теңгебалық**. биол. <лат. abbotina (pseudogobio) rivularis> *Тұқы тұқымдасына жататын майда балық.* **Жалған үміт.** поэт. *Соқыр сенім.* **Жалған хабарламалық мәліметтер базасы**. инф. <ағыл. pseudorelational database> *Кез келген қатынаста кортеждердің қосарлануына жол беретін хабарламалық мәліметтер базасы.* **Жалған хиос иістішөбі.** өс <лат. ajuga pseudochia>. *Ерінгүлділер тұқымдасы иістішөп туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.* **Жалған шабуыл.** спорт. *Қарсыласын ашылуға, белсенді қимыл жасауға мәжбүр ететін, алдын ала ойластырылған жасырын шабуыл.* **Жалған шөлмасақ**. өс. <лат. pseudoeremostachys> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын түйнекті шөптесін өсімдік.* **Жалған шықты.** *Өтірік болды.*

**ЖАЛҒАН=** ет. *Жалғасу, қосылу, ұштасу.*

**ЖАЛҒАНБОЗКІЛЕМ** зат. өс. *Лаготы (бозкілем сияқты ұйысып, тығыз өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ЖАЛҒАНБҮЙРАЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, сабағы төрт қырлы, түкті, дәрілік, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛҒАНДАЙ** сын. *Жалған сияқты кең, үлкен.*

**ЖАЛҒАНДЫҚ**[1] зат. **1.** *Шындығы жоқтық, жасандылық, өтіріктік.* **2.** психол. *Белгілі бір іс-әрекет немесе құбылыс мәнінің шындықтан алшақтатылып, бұрмаланған көрінісі, ақиқатқа қарама-қарсы ұғым.* **3.** ауыс. *Арамниеттілік, көз алдаушылық.*

**Жалғандық детекторы.** пед. *Адамның аффектілік жай-күйін сипаттайтын физиологиялық көрсеткіштерін объективті зерттеуге арналған аппараттар жинағы.* **Жалғандыққа ермеді**. *Өсек-өтірікке бой ұрмады, әділдік жолын қуды.*

**ЖАЛҒАНДЫҚ**[2] сын. *Өмірлік, мәңгілік.*

**ЖАЛҒАНКҮРЕН** зат. өс. *Жіңішке сабақты, жапырақтарының беті жұмсақ шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛҒАНСЫЗ** сын. *Жасандылығы жоқ, шынайы, өтіріксіз.*

**ЖАЛҒАНТӨСКЕЙ** зат. өс. *Шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛҒАНТЫС** зат. *Жазда тымақ сыртынан киетін астарсыз баскиім, күләпара.*

**ЖАЛҒАНУ** *Жалған етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒАНШӨЛМАСАҚ** зат. өс. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, түйнекті, жуан тамырлы, түкті, көк қызыл гүлді өсімдік.*

**ЖАЛҒАНШЫ** сын. **1.** *Сөзінің тиянағы жоқ, суайт, өтірікші.* **2.** ауыс. *Алдарқатқыш, өткінші, алдамшы.*

**ЖАЛҒАНШЫДАЙ** сын. *Жалғанша сияқты, жалғаншы тәрізді.*

**ЖАЛҒАНШЫЛ** сын. *Алдампаз, үнемі өтірік сөйлейтін.*

**ЖАЛҒАНЫС** зат. *Байланыс, жалғастық.*

**ЖАЛҒАС** зат. *Заттың я уақиғаның бір шектен арғы ұласымы, жартысы, қалғаны.*

**ЖАЛҒАС** сын. **1.** *Сонымен іліктес, сабақтас.* **2.** *Тете.*

**ЖАЛҒАС=** ет. **1.** *Өзара қосылысу, тұтасу, бірігіп жалғау.* **2.** *Бір-бірімен байланысып, қатысу.* **3.** ауыс. *Сабақтасу, әрі қарай ұласу.*

**Жалғаса шықты.** *Ілесе шықты, ере шықты.*

**ЖАЛҒАСТЫҚ** зат. *Ұласа қосылған байланыстық.*

**ЖАЛҒАСТЫР=** ет. **1.** *Ұштастыру, байланыстыру, тұтастыру.* **2.** *Сабақтастыру, әрі қарай ұластыру.*

**ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ** сын. *Екі нәрсенің жігін біріктіріп, ұластырғыш.*

**ЖАЛҒАСТЫРМАЛЫ** сын. *Біріне-бірі біріктіріле қосылған, жалғамалы.*

**ЖАЛҒАСТЫРУ** *Жалғастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұштастыру, байланыстыру.* **2.** *Сабақтастыру, әрі қарай ұластыру.*

**ЖАЛҒАСТЫРУШЫ** зат. **1.** *Байланыстырушы, тұтастырушы.* **2.** *Істі ары қарай сабақтастырушы, дамытушы.*

**ЖАЛҒАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ұластырылу, ұштастырылу, тұтастырылу.* **2.** *Байланыс жасау, қатыстырылу.*

**ЖАЛҒАСТЫРЫЛУ** *Жалғастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒАСУ** *Жалғас етістігінің қимыл атауы; сабақтасу, ұласу.*

**ЖАЛҒАТ=** ет. *Жалғастыру, ұластыру.*

**ЖАЛҒАТУ** *Жалғат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒАУ**[1] зат. **1.** қолөнер. *Бір жіпке септелетін екінші жіптің ұзігі.* **2.** лингв. *Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша.*

**ЖАЛҒАУ**[2] *Жалға етістігінің қимыл атауы; ұштастыру, байланыстыру.*

**ЖАЛҒАУ-ЖАЛҒАУ** сын. *Ұлап-ұлап тастаған, қырық құрау.*

**ЖАЛҒАУЛЫ** сын. *Біріктірілген, құрамалы, ұлаулы.*

**ЖАЛҒАУЛЫҚ** зат. лингв. *Жеке тұрғанда толық мағынасы жоқ, сөздерді, сөйлемдерді өзара байланыстыратын шылау сөз.*

**ЖАЛҒАУЛЫҚСЫЗ** сын. лингв. *Жалғаулығы жоқ.*

**ЖАЛҒАУЛЫҚТЫ** сын. лингв. *Жалғаулығы бар.*

**ЖАЛҒАУСЫЗ** сын. *Жалғауы жоқ, аяқталмаған, тиянақсыз.*

**Сөзін жалғаусыз тастай салды**. *Сөзін аяқтамады, бітірмеді, әңгімесін кілт үзді.*

**ЖАЛҒАУШЫ** зат. *Бір нәрсені екінші бір нәрсеге байланыстырушы.*

**ЖАЛҒЫЗ** сын. *Бір, жалқы. // Басқа туғаны жоқ не жалғыз қалған бала.*

**Жалғыз айыл.** *Берекесіз, пәтуасыз, сабау бас кісі деген мағынада.* **Жалғыз асық.** ойын. *Асық қолданып ойналатын ұлттық ойын түрі.* **Жалғыз атты.** а) *Салт жүргінші.* ә) *Тұрмыс-күйі нашар, жарлы, кедей.* **Жалғыз ауыз сөз.** *Азғана әңгіме, айтпақшы болып оқталған ой.* **Жалғыз басы мың болсын!** алғыс. *Көп жасасын; өсіп-өнсін, үрімбұтағы көбейсін!* **Жалғызға жара салды.** *Өзінен әлсізге азап көрсетті.* **Жалғыздың жары Құдай [өзі].** көне. *Сүйеніші жасаған иенің өзі.* **Жалғыз кәлам сөз тартпады.** *Тіл тартпай кетті, бірауыз сөз айтпастан өліп кетті.* **Жалғыз қабат.** *Бір дүркін, бір-ақ рет.* **Жалғыз қабатты.** *Жадағай, бір қабатты.* **Жалғыз қазық.** жерг. *Тікін.* **Жалғыз қазыққа кез болды.** *Қиындыққа тап болды, қиналды.* **Жалғыз қазық ұрсын! [жолықсын]**. қарғ. *Жамандық қиын кезде кездессін!* **Жалғыз моладай құлазыды.** *Жалғызсырады, сырласар ешкімі болмады.* **Жалғыз оқ.** *Аю, қасқыр сияқты жыртқыштарды және ірі қоңыр аңдарды (бұлан, елік, бұғы, тауешкі, арқар және т.б.) атуға қолданылатын қорғасыннан жасалатын ірі оқтың атауы.* **Жалғыз тиын ақшасы жоқ.** сөйл. *Түгі жоқ, қаражаттан жұрдай.* **Жалғыз үйлі.** *Жақын маңында ел жоқ жерді бір өзі мекендеген, саяқ.* **Жалғыз хан.** этн. *Ойын аты.*

**ЖАЛҒЫЗАЯҚ: жалғызаяқ жол [соқпақ].** *Жаяу адам ғана жүретін соқпақ жол.*

**ЖАЛҒЫЗБАСТЫ** сын. *Сыбай-салтаң, өзінен басқа ешкімі жоқ, бойдақ.*

**ЖАЛҒЫЗДА=** ет. **1.** *Бір-бірлеу, жалқылау.* **2.** *Бірігіп, көп болып жабылу.*

**ЖАЛҒЫЗДАН-ЖАЛҒЫЗ** үст. *Жанында ешкім жоқ, жападан-жалғыз, бір өзі.*

**ЖАЛҒЫЗДАУ** *Жалғызда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Ешкімі жоқтық, саяқтық.* **2.** *Даралық, жекелік.* **3.** діни. *Монотеистік діндердегі Құдайға тән басты қасиет.* **4.** пед. *Басқа адамдардан оқшауланған*

*жағдайға ұшыраған адамның эмоциялық күйіне ықпал ететін психогендік фактор.*

**Жалғыздық көрді.** *Саяқтықтан жәбір-жапа шекті.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҒЫЗ** сын. *Өз алды бөлек-бөлек, жеке-жеке.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҚЫ** сын. *Ешкімі жоқ, салт басты.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАПА** сын. *Жеке-дара, бөлек-бөлек, жападан-жалғыз.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМ** сан. *Бірен-саран, аздаған, некен-саяқ.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАН=** ет. *Жекелену, даралану.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАП** үст. *Бірен-сарандап, бір-бірлеп.*

**ЖАЛҒЫЗ-ЖӘУТІК** сын. сөйл. *Жаман-жәутік.*

**ЖАЛҒЫЗҚАБЫҚ** зат. өс. ***Жаужұмыр.***

**ЖАЛҒЫЗСУ** *Жалғызсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒЫЗСЫ=** ет. *Жалғызсырау, елегізу.*

**ЖАЛҒЫЗСЫН=** ет. *Азырқану, қомсыну.*

**ЖАЛҒЫЗСЫНУ** *Жалғызсын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒЫЗСЫРА=** ет. *Жоғының орны толмай көңіл жабығып өгейсу, жетімсіреу.*

**ЖАЛҒЫЗСЫРАТ=** ет. *Жетімсірету, құлазыту.*

**ЖАЛҒЫЗСЫРАТУ** *Жалғызсырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒЫЗСЫРАУ** *Жалғызсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҒЫЗІЛІК** зат. *Қолғабыс ететін ешкімі жоқтық.*

**ЖАЛҒЫЗІЛІКТІ** сын. *Қарайласар ешкімі жоқ, қараған басты.*

**ЖАЛҒЫЗІЛІКТІК** зат. *Қарайласары жоқтық, жалғыз бастылық.*

**ЖАЛДА[1]=** ет. *Ақы төлеп, жалға алу.*

**ЖАЛДА[2]=** ет. *Терең суды кешіп жүру.*

**ЖАЛДА[3]=** ет. *Беткейді қиялай, қапталдап жүру.*

**ЖАЛДА[4]=** ет. *Дөңестеп, қырлап ұю.*

**ЖАЛДАЙ** сын. *Жал сияқты, жал тәрізді.*

**ЖАЛДАМА[1]** зат. *Тасқын судың кең жайылған тұсы.*

**ЖАЛДАМА[2]** сын. *Жалға алынған, жалдамалы.*

**ЖАЛДАМАЛЫ** сын. *Еңбегін сатқан, жалданған.*

**Жалдамалы еңбек.** *Жұмыс күшін сатып, еңбек ету.*

**ЖАЛДАМШЫ** зат. *Жалдамалы, жалданушы адам.*

**ЖАЛДАН[1]=** ет. *Жалшы болу, жалданып жұмыс істеу, жалдамалы жұмысқа тұру.*

**ЖАЛДАН[2]=** ет. **1.** *Жал-жал болу, қатпарлану.* **2.** *Жал біту, семіру.* **3.** ауыс. *Әл-ауқаты арту, тұрмысы түзелу, тойыну.*

**ЖАЛДАНДЫР=** ет. **1.** *Жал-жал қылу.* **2.** *Семірту.*

**ЖАЛДАНУ** *Жалдан етістігінің қимыл атауы; жалдамалы жұмысқа тұру.*

**ЖАЛДАНУШЫ** зат. *Жалға тұрушы кісі, жалшы.*

**ЖАЛДАҢҚЫРА=** ет. *Терең суды кешіп барыңқырау.*

**ЖАЛДАП** [ар. جلاب] зат. **1.** *Жалаңдап екі арада жүретін делдал, пайдакүнем адам.* **2.** ауыс. *Қаранет залым, жауыз адам.*

**ЖАЛДАПТЫҚ** зат. *Жалаң қаққан делдалдық.*

**ЖАЛДАС** сын. *Қобыраған қалың, ұзын жалды.*

**ЖАЛДАСТАУ** сын. *Жалы қалыңдау, ұзындау келген.*

**ЖАЛДАТ[1]=** ет. *Жалға жұмыс істету.*

**ЖАЛДАТ[2]=** ет. *Терең суды кештіру.*

**ЖАЛДАТ[3]=** ет. *Жал жағалау, жал-жал жермен жүру, қапталдату, қиялату.*

**ЖАЛДАТУ** *Жалдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛДАУ[1]** зат. экон. *Меншіктену құқығы жалға берушінің қолында қалатын жалгерліктің ерекше түрі.*

**ЖАЛДАУ[2]** сын. *Жоталау келген, дөңестеу.*

**ЖАЛДАУ[3]** *Жалда етістігінің қимыл атауы; жалға жұмыс істету.*

**ЖАЛДАУ[4]** *Жалда етістігінің қимыл атауы; терең суды кештіру.*

**ЖАЛДАУШЫ** зат. *Орнықты мүлік иесімен оның мүлкін уақытша пайдалану туралы шарт жасасқан, ол мүлікті уақытша пайдаланып отырған адам.*

**ЖАЛДЫ** сын. **1.** *Ұзын, қалың жалы бар.* // *Ұзын, қалың жалы бар жылқы.* **2.** *Қоңды, семіз.* // *Дәулетті, тұрмысты, ауқатты адам.*

**ЖАЛ-ЖАЛ** сын. *Төбе-төбе боп үйілген, дөңес-дөңес.*

**ЖАЛ-ЖАЯ** зат. этн. *Жылқы етіндегі жалы мен жаясынан дайындаған кәделі ас.*

**ЖАЛ-ЖҰҒЫН** зат. жерг. *Жал-құйрық.*

**ЖАЛҚАҚ** зат. сөйл. *Жалқаяқ (көлкілдеп тұратын сиқұылтым жалқылдаған нәрсе).*

**ЖАЛҚАҚТА=** ет. сөйл. *Жалқықтану, жалқаяқтану, ауруға ұшырау.*

**ЖАЛҚАҚТАН=** ет. *Қанталау, көлкілдеу, жалқаяқтану.*

**ЖАЛҚАҚТАНУ** *Жалқақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚАРАҒАЙ** зат. *Өзен аңғарларында 5-40 шақырымға дейін бойлап өсірілген қарағайлы, талды тоғай.*

**ЖАЛҚАУ[1]** зат. зоол. <лат. bradypodidae> *Мүкітістілер отрядының тұқымдасы, бұтаққа ілініп тұратын, өте жай қозғалатын, өсімдік қоректі жануар.*

**ЖАЛҚАУ[2]** сын. *Жұмысқа мойны жар бермейтін еріншек, бойкүйез, кежір.*

**ЖАЛҚАУ-ЖАМПОЗ** зат. *Керенау, самарқау.*

**ЖАЛҚАУЛАН=** ет. *Кежегесі кейін тартып еріну, жалқау тарту, бойкүйездену.*

**ЖАЛҚАУЛАНУ** *Жалқаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚАУЛАУ** сын. *Шабандау қозғалатын, бойкүйездеу, кежірлеу.*

**ЖАЛҚАУЛЫҚ** зат. **1.** *Кежегесі кейін тартқан кежірлік, жайбасарлық.* **2.** пед. *Адам бойындағы жұмысқа енжарлықты, бойкүйездікті білдіретін жағымсыз қасиет.*

**Жалқаулығы ұстады.** *Жұмыс істегісі келмеді, еріңді.* **Жалқаулыққа салынды.** *Кежегесі кейін тартты, еріншектік жасады.*

**ЖАЛҚАУСУ** *Жалқаусы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚАУСЫ=** ет. *Жұмыс істегісі келмей, салғыртсу.*

**ЖАЛҚАУСЫН=** ет. *Еріншектену, кеpенаусыну.*

**ЖАЛҚАУЫРАҚ** сын. *Кежегесі кейін тартыңқыраған, салғырттау, шабандау.*

**ЖАЛҚАЯҚ** зат. *Қабыну салдарынан денеде пайда болатын сұйық зат, жалқық.*

**ЖАЛҚАЯҚТА=** ет. сөйл. *Жалқаяқтану, ауруға ұшырау.*

**ЖАЛҚАЯҚТАЙ** сын. *Жалқаяқ сияқты, жалқаяқ тәрізді.*

**ЖАЛҚАЯҚТАН=** ет. **1.** *Қанталап көлдіреп, жалқықтану, кілкілдеу, қоймалжыңдану.* **2.** ауыс. *Тұтанып-сөніп, қоздап жану.*

**ЖАЛҚАЯҚТАНУ** *Жалқаяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚУ** *Жалқы етістігінің қимыл атауы..*

**ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚ** зат. **1.** *Жылқының желке үсті мен құйыршығына өскен қалың қыл.* **2.** ауыс. *Сүйенер тірек, аға-іні, туған-туыс.*

**Жал-құйрығын келте алды.** *Жастай қазаға ұшырады.* **Жал-құйрығын күзеді.** а) *Қысқартып, шұнтитты.* ә) *Тып-типыл етті, барынан айырды.* **Жал-құйрығы төгілген [сүзілген].** *Әдемі, сұлу жылқы малы туралы айтылады.*

**ЖАЛҚҰЙРЫҚ** зат. өс. *Өзен балдырында, жол жағаларында, тыңайған жерлерде өсетін, биіктігі 30-60 см-дей, бір не екіжылдық арамшөп.*

**ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Жал-құйрығы жоқ.* **2.** ауыс. *Алда аға, артта іні жоқ, жалғыз бас.*

**ЖАЛҚҰМ** зат. геогр. *20 м. биіктігі бар, ені 1-2 шақырымға баратын, өзі бернеше шақырымға созылған ағысқа тосқауыл болатын үлкен құм жалдар.*

**ЖАЛҚЫ** сын. **1.** *Біреу ғана, жалғыз.* // *Ата-анадан жеке туған не жалғыз қалған бала.* **2.** *Ерекше, дара.*

**Жалқы басты ана.** *Күйеуі жоқ балалы ана.* **Жалқы есім.** лингв. *Адамн есімін, жер-су атауын білдіретін есім сөздер тобы.*

**ЖАЛҚЫ=** ет. *Көңілі қайтып, жеру, безу, жирену.*

**ЖАЛҚЫДАЙ** сын. *Жалқы сияқты, жалқы тәрізді.*

**ЖАЛҚЫҚ** зат. **1.** сөйл. ***Жалқаяқ.*** **2.** *Ана құрсағындағы тіршілік иесі.* **3.** *Су бетіндегі жасыл өңез, қоймалжың.*

**ЖАЛҚЫЛ** зат. сөйл. *Жалқын.*

**ЖАЛҚЫЛА=** ет. *Жекелеп-даралау, жалғыздау.*

**ЖАЛҚЫЛАН=** ет. *Жекелену, даралану.*

**ЖАЛҚЫЛАНУ** *Жалқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫЛАТ=** ет. *Даралату, жекелету.*

**ЖАЛҚЫЛАТУ** *Жалқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫЛАУ** *Жалқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫЛДА[1]=** ет. *Ірк-ірк ету, албырау.*

**ЖАЛҚЫЛДА[2]=** ет. *Қоңыр қызыл, күрең түспен тұтаса қызару.*

**ЖАЛҚЫЛДАН=** ет. *Алаулану, қызару.*

**ЖАЛҚЫЛДАНУ** *Жалқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫЛДАТ=** ет. *Албырату, ісіндіру.*

**ЖАЛҚЫЛДАТУ** *Жалқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫЛЫҚ** зат. *Ешкімі жоқтық, жалғыздық.*

**ЖАЛҚЫН[1]** зат. *Алаулаған жалын.*

**Жалқын сәуле.** *Алқызыл алау, шұғылалы нұр.*

**ЖАЛҚЫН[2]** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛҚЫН[3]** зат. өс. жерг. ***Жантақ.***

**ЖАЛҚЫНДА=** ет. *Алаулап, жалын ату, жалт-жұлт ету.*

**ЖАЛҚЫНДАЙ** сын. *Жалқын сияқты, жалқын тәрізді.*

**ЖАЛҚЫНДАЛ=** ет. *Алаулау, жалын тәріздену, қызару.*

**ЖАЛҚЫНДАН=** ет. *Алаулану, алқызыл түске орану.*

**ЖАЛҚЫНДАНУ** *Жалқындан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫНДАТ=** ет. *Алаулату, қызарту.*

**ЖАЛҚЫНДАТУ** *Жалқындат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫНДАУ** *Жалқында етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛҚЫНДЫ** сын. *Алау атқан, жалынды.*

**ЖАЛҚЫРЕЛЬС** зат. тех. *Бір рельстен тұратын теміржол көлігінің түрі.*

**ЖАЛЛАД** [ир. جعل] зат. көне. *Жендет, жазалаушы.*

**ЖАЛМА=** ет. **1.** *Түк қалдырмай жеу.* **2.** *Дым қалдырмау, жайпау.* **3.** ауыс. *Жоқ қылу, құрту.*

**ЖАЛМА-ЖАН** үст. *Лезде, дереу, тез.*

**ЖАЛМАН**[1] зат. **1.** *Сортаң жерлерде мекендейтін түгі қалың арқа жүні ақшыл сарғыш тышқан.* **2.** зоол. <лат. selevinia betbakdalensis> *Кеміргіштер отрядының қалқанқұлақтар тұқымдасына жататын, сортаң жерлерде мекендейтін дөңгелектеу келген үлкен құлақ қалқаны бар тышқан.*

**ЖАЛМАН**[2] зат. вет. сөйл. ***Жалмаң.***

**ЖАЛМАН**[3] зат. жерг. *Қанжардың басы.*

**ЖАЛМАН**[4] зат. *Қармаққа түскен балық шығып кетпеу үшін қайырып жасалған қармақ ұшындағы ілмек.*

**ЖАЛМАН=** ет. *Жалмаңдау, жалмаң қағу.*

**ЖАЛМАНАҚ** зат. өс. *Суық аймақта өсетін шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛМАНДЫ** сын. *Жалманы бар, жалман шығарылған.*

**ЖАЛМАНҚҰЛАҚ** зат. өс. *Сортаңды, тұзды жерлерге шығатын, биіктігі 15-50 см-дей, көпжылдық шөп; көкпектің бір түрі.*

**ЖАЛМАНУ** *Жалман етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛМАҢ**[1] зат. вет. *Шайнаған шөбі жұтылмай қалатын мал (жылқы) ауруы.*

**ЖАЛМАҢ**[2] сын. *Ауыздықпен алысқан, жалақтаған.*

**Жалмаң қақты.** а) *Ауыздықпен алысты, ырыққа көнбеді.* ә) *Жалмаң қақты, аш көзденді.*

**ЖАЛМАҢДА=** ет. **1.** *Аузы-аузына тимей, жалақтау, ашқарақтану.* **2.** ауыс. *Қанағат қылмау, жалмаң-жалмаң ету, нысапсыздану.*

**ЖАЛМАҢДАТ=** ет. *Жалмаң-жалмаң еткізу.*

**ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ** елік. *Тынымсыз, дамылсыз жалмаңдап, ебедейсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жалмаң-жалмаң етті.** *Жалмаңдады, жалақтады, жалаң қақты.*

**ЖАЛМАҢҚҰЛАҚ** зат. өс. <лат. atriplex verrucosa> *Майда жапырақты, сортаңды жерде өсетін дәмі ащы шөп.*

**ЖАЛМАС=** ет. *Қарпысу.*

**ЖАЛМАТ=** ет. *Жұтқызу, жұтату, құрту.*

**ЖАЛМАТУ** *Жалмат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛМАУ** *Жалма етістігінің қимыл атауы; жоқ қылу, құрту, жою, түбіне жету.*

**ЖАЛМАУШЫ** зат. *Құртушы, жоюшы.*

**ЖАЛМАУЫЗ** зат. **1.** миф. *Ертегілерде кездесетін қас күш, тажал әйел бейнесі.* **2.** ауыс. *Қомағай, мешкей адам.* **3.** ауыс. *Қанағатсыз, обыр, аш көз кісі.*

**Жалмауыз кемпір.** миф. *Қарға тұмсық, қол-аяғының тырнақтары союдай, кейде жеті басты, адам қанын соратын қорқынышты кейіпкер ретінде суреттелетін қазақ ертегілеріндегі жағымсыз бейне.*

**ЖАЛМАУЫЗДАЙ** сын. *Жалмауыз тәрізді, жалмауыз сияқты.*

**ЖАЛМАУЫЗДАН=** ет. *Қомағайлану, ашқарақтану, мешкейлену.*

**ЖАЛМАУЫЗДАНУ** *Жалмауыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛМАУЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Қомағайлық, ашқарақтық.* **2.** *Қараниеттілік, жауыздық.*

**ЖАЛМАУЫҚ**[1] сын. *Тойымсыз, ашқарақ, жалмағыш.*

**ЖАЛМАУЫҚ**[2] зат. өс. ***Арамсояу.***

**ЖАЛМЫТ** зат. *Жалмауыз, ашқарақ, қомағай, ашкөз.*

**ЖАЛП** елік. *Жалпылдаған, қобыраған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалп етек.** *Жағымпаз, жарамсақ.* **Жалп еткізді.** *Лақтыра салды, тастай салды.* **Жалп еткізіп сөндірді.** *Кенеттен, аяқ астынан өшіріп тастады.* **Жалп етті.** а) *Кенеттен, аяқ астынан жалпылдады.* ә) *Қанатын жая қонды, қонақтады.* б) *Қалпақтай түсті, ұшып түсті.* в) *Астыүстіне түсті, қауқалақтады.* **Жалп етіп отырды.** *Қобыраған, жайылған күйінде отыра кетті.* **Жалп етіп сөнді.** *Бірден өшті, сөнді.*

**ЖАЛПАҒЫНАН** үст. *Бір жанынан, қырынан.*

**ЖАЛПАҒЫРАҚ** сын. *Жалпақтау, енділеу.*

**ЖАЛПАЙ=** ет. **1.** *Жайдақтала түсу, жайылу.* **2.** *Жалпию, теңкию.* **3.** ауыс. *Ұлғаю, толысу, семіру.*

**ЖАЛПАЙТ=** ет. *Жайдақтау, жазу, тегістеу, түзеу.*

**ЖАЛПАЙТУ** *Жалпайт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПАЙТЫП** үст. *Баттитып, бадырайтып, жалпылап.*

**ЖАЛПАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Жалпайта түсу, үлкейтіңкіреу.*

**ЖАЛПАЙТЫҢҚЫРАУ** *Жалпайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПАҚ**[1] зат. **1.** *Күлше нан.* **2.** жерг. *Бір жайым нан.*

**ЖАЛПАҚ**[2] сын. **1.** *Көлденеңі кең, енді, жалпиған.* **2.** *Мол жерді алып жатқан, ұлан-байтақ.* **3.** ауыс. *Қошеметшіл, жалбақ.* **4.** ауыс. *Көпке түсінікті, жалпыға ортақ.* **5.** *Толық, семіз, аласа бойлы (адам).*

**Жалпақ әлем**. *Кең дүние, жаһан.* **Жалпақ бауырсақ**. тамақ. *Ұзынша етіп жайылып, 2-3 см көлемде жалпақ кесіліп, қуырылған бауырсақ.* **Жалпақ бет.** *Үлкен, дөңгелек жүзді.* **Жалпақ бөрік.** *Төбесі де, етегі де жалпақ етіліп тігілген бөрік түрі.* **Жалпақ дала.** *Кең дала.* **Жалпақ ел [жұрт].** *Күллі жұрт, бүкіл халық.* **Жалпақ жапырақ шытырмағы**. өс. <лат. latifolium> *Биіктігі 30–100 см етжеңді жас жапырақтары салат ретінде тағамға пайдаланылатын, тұқымынан бұрыштың иісі шығатын, дәм татымдық маңызы бар өсімдік.* **Жалпақ жүзді.** *Дөңгелек бетті.* **Жалпақ қара сөз.** *Жұрттың бәріне түсінікті, қарапайым сөз.* **Жалпақ құрттар**. зоол. <лат. plathelminthes> *Денесі арқақұрсақ бағытта жалпайған, ұзындығы 0,2 мм-ден 18 м-ге дейін жететін екі жақты симметриялы, үш қабатты құрттар.* **Жалпақ маңдай.** *Жазық, кең маңдай.* **Жалпақ мұрын.** *Мұрны жалпиған, дөңгеленген.* **Жалпақ өрім.** қолөнер. *Жалпақ болып өрілетін өрім түрі.* **Жалпақ табан**. мед. <лат. pes planus> *Адам табанындағы ойыстың түгелдей немесе жартылай тегістеліп, жалпайып кетуі.* **Жалпақ түпті құты**. *Жай жұқа шыныдан жасалған, түбі жалпақ құты (оны қыздыруға болмайды).* **Жалпақ тілмен.** *Көпке түсінікті, қарапайым тілмен.*

**ЖАЛПАҚ**[3] елік. *Алақ-жұлақ етіп, жалпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалпақ қақты.** *Жалпақтады, жалпаңдады.*

**ЖАЛПАҚ** зат. *Таулы өлкеде болатын кең, жазықты алқап, жер бедерінің бір түрі.*

**ЖАЛПАҚБАС** зат. жерг. *Кесірткенің бір түрі.*

**ЖАЛПАҚҚҰЙРЫҚ: жалпаққұйрық бұлбұлша**. зоол. <лат. cettia cetti> *Торғай тәрізділер отрядына жататын құс.*

**ЖАЛПАҚТА=** ет. *Бәйек болу, асты-үстіне түсіп жалпылдау.*

**ЖАЛПАҚТАЛ=** ет. *Кеңею, жалпию, көлемі ұлкею.*

**ЖАЛПАҚТАН=** ет. *Ірілену, жайылу, кесектену.*

**ЖАЛПАҚТАСПА** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛПАҚТАУ**[1] сын. **1.** *Жалпиғандау, жалпағырақ.* **2.** *Толықтау, толықша.*

**Жалпақтау бетті.** *Үлкен, дөңгелек жүзді.*

**ЖАЛПАҚТАУ**[2] *Жалпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПАҚТЫҚ** зат. *Көлденеңі шығыңқылық, енділік.*

**ЖАЛПАҚША** сын. *Жалпағырақ, жалпақ келген.*

**ЖАЛПАҚШЕШЕЙ** сын. *Шамасы, мүмкіндігі келсін-келмесін бәрінің көңілін қалдырмайтын, көңілшек.*

**ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК** зат. *Көрінгенге жалпақтаушылық, көңілшектік.*

**ЖАЛПАЛАҚТА=** ет. *Жалпақтау, жалбаңдау, бәйек болу.*

**ЖАЛПАҢ**[1] сын. *Қошеметшіл, құрметшіл.*

**ЖАЛПАҢ**[2] елік. *Бәйек болып, жалпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалпаң қақты.** а) *Бәйек болып, ілтипат көрсетті.* ә) *Құрдай жорғалап, жағымпазданды.*

**ЖАЛПАҢДА=** ет. **1.** *Желп-желп ету, жалпылдау.* **2.** ауыс. *Қошемет көрсетіп, бәйек болу, жаны қалмай қалбалақтау.* **3.** *Жағыну, жарамсақтану.*

**ЖАЛПАҢДАУ** *Жалпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПАСЫНАН**: **жалпасынан түсті.** *Жалп етті, қалпақтай ұшты.*

**Жалпасынан түсірді.** а) *Қалпақтай түсірді, жалп еткізді.* ә) *Шамданды, ашуланды.*

**ЖАЛП-ЖАЛП** елік. **1.** *Қайта-қайта жалпылдаған, қалбалақтаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Кенеттен гүрсгүрс етіп құлаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалп-жалп етті.** а) *Жалпылдады, қалбалақтады.* ә) *Желбіреді, желп-желп етті.* б) *Бір өшіп, бір жанды, қайта-қайта жыпылықтады.* в) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.*

**ЖАЛП-ЖҰЛП** елік. *Біресе жалпылдап, біресе тоқтаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалп-жұлп етті.** а) *Желп-желп етті, желпілдеді.* ә) *Бір өшіп, бір жанды, жалпылдады.*

**ЖАЛПИ=** ет. **1.** *Жайдақталу, жалпаю, жайылу.* **2.** *Дөңкию, қорбию.* **3.** *Былшию, жарбию.* **4.** ауыс. *Жағымпаздану, жарамсақтану, жағыну.*

**ЖАЛПИТ=** ет. **1.** *Езгілеп соғу, жаныштау.* **2.** ауыс. *Жалп еткізу, ұшырып түсіру.*

**ЖАЛПИЮ** *Жалпи етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПОЗ** зат. жерг. *Ат жабуы.*

**ЖАЛПОЗДА=** ет. жерг. *Жауыр атқа желқом ер салу.*

**ЖАЛПОШ**[1] зат. жерг. *Маса, сонасы көп жерде аттың мойнын, бауырын тұтас жауып тұратын жабу.*

**ЖАЛПОШ**[2] сын. *Жағымсыз, жарамсақ.*

**ЖАЛПОШТА**[1]**=** ет. *Жабулап орау, бүркеу.*

**ЖАЛПОШТА**[2]**=** ет. *Жағымпаздану, жарамсақтану.*

**ЖАЛПОШТЫ** сын. жерг. *Жалпош жабылған, жалпошы бар.*

**ЖАЛПОШТЫҚ** зат. *Жағымпаздық, жарамсақтық.*

**ЖАЛПОШТАУ** *Жалпошта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПУЫШ** зат. жерг. *Жабу, жамылғы.*

**ЖАЛПУЫШТА=** ет. **1.** *Жалпуыш жабу, атқа жабу салу.* **2.** ауыс. *Жалпақтау, бәйек болу.*

**ЖАЛПЫ** е с і м. *Барлығына қатысты, көпшілікке қатысты, ортақ. // Бүкіл, барлық. // Тұтастай, толығымен.*

**Жалпы алғанда.** *Негізінде, жалпы айтқанда.* **Жалпы әскер армиясы**. ә с к. *Жалпы әскери құрамалар, бөлімдер мен бөлімшелер.* **Жалпы бұқара.** *Халық, көпшілік.* **Жалпы білім беретін мектеп.** п е д . *Негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын үш сатыдан (бастауыш, негізгі және жоғары) тұратын жалпы орта білім беретін оқу орны.* **Жалпы білім беру.** *Бәріне ортақ міндетті білім беру жүйесі.* **Жалпыға бірдей.** *Көпшілікке қатысты, жаппай.* **Жалпыға бірдейлік**. *Көпке ортақтық, жаппай сипат алушылық.* **Жалпы есім.** л и н г в. *Жалқы есімдерден басқа зат есімдер.* **Жалпы жиналыс.** *Көпшілікке, барлық ұжым мүшелері қатысуға тиіс мәжіліс.* **Жалпы зоотехния.** *Малдың барлық негізгі түрлері мен тұқымдарының биологиялық, шаруашылықтық ерекшеліктерін айыра білу нәтижесінде оларды өсіру, азықтандыру, бағып-күту мәселелерін зерттейтін саласы.* **Жалпы көпшілік қатынас құра алатын бағдарлама**. и н ф . <ағыл. public domain software> *Таратылуына шек қойылмайтын және нақты иесі жоқ бағдарламалар.* **Жалпы ластану.** э к о л. *Өсімдік шаруашылығында, егіншілікте органикалық және бейорганикалық тыңайтқыштар қолдану, төгінді сумен суармалау кезінде, сонымен қатар өндірістің, көліктің т.б. залалды қалдықтарының ауаға таралуынан атмосфералық ауа мен жердің ластануы.* **Жалпы мектептік кеңес.** п е д . *Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын қарап, талқылап, бекітетін және жоспарланған іс-шаралардың дер кезінде орындауын қадағалап отыратын кеңес.* **Жалпы міндет жүктелген десте**. и н ф . *Өндірістік, экономикалық-математикалық, инженерлік, ғылыми және басқа да мәселелерді шешуге арналған қолданбалы бағдарламалар дестесі.***Жалпы психология.** п е д . *Негұрлым жалпы психологиялық заңдылықтарды, психологиялық теориялық принциптері мен әдістері, оның негізгі ұғымдары мен санаттық құрылысын анықтайтын теориялық пән.* **Жалпы толық кіріс.** қ а р ж ы . *Иелермен, иелер ретіндегі жасалған операциялар нәтижесінде болатын өзгерістерден басқа, кезең ішінде операциялар және басқа оқиғалар нәтижесінде болатын үлестегі өзгеріс.* **Жалпы тіл білімі.** л и н г в . *Тіл білімінің барлық тілдерге қатысты ортақ заңдылықтарын зерттейтін саласы.* **Жалпы ұлттық өнім.** э к о н . *Макроэкономикалық жиынтық көрсеткіш.* **Жалпы ұлттық табыс**. э к о н . *Экономикалық резидент-агенттерінің алғашы табыстары жиынтығынан құралатын жағынан жалпы ішкі өнім көрсеткішіне жақын табыс.* **Жалпы ішкі өнім**. э к о н . *Жыл бойында бір елде өндірілген тауарлар мен қызметтің нарықтық бағамен шаққандағы толық ақшалай құны.*

**ЖАЛПЫ**[2] м о д . *Негізінен.*

**ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ** с ы н . к і т . *Барша адамзат баласына қатысты, адамзатқа тән, ортақ, барша адамға құнды.*

**ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ** с ы н . с п о р т . *Команда бойынша, команда құрамын толық қамтитын.*

**ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ** с ы н . *Қаланың барлық мекемелері мен тұрғындарына қатысты.*

**ЖАЛПЫҚОҒАМДЫҚ** с ы н . к і т . *Қоғам бойынша, қоғам құрамын толық қамтитын, қоғамға тұтастай қатысты.*

**ЖАЛПЫЛ** е л і к . *Елпілдеп, елпек қаққан, бәйек болған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Жалпыл қақты**. *Бәйек болды, жалпақтап ықылас білдірді, жалпаңдады.*

**ЖАЛПЫЛА=** е т . *Тұтас, жаппай қамту.*

**ЖАЛПЫЛАЙ** с ы н . с ө й л . ***Жаппай.***

**ЖАЛПЫЛАМА** с ы н . *Нақтылы емес, жалпы.*

**Жалпылама заң.** ф и л о с . *Диалектика заңдары.*

**ЖАЛПЫЛАМАЛЫ** с ы н . с ө й л . *Жай, жалпылама, жаппай.*

**ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ** з а т . *Бәріне бірдейлік, жаппайлық.*

**ЖАЛПЫЛАН=** е т . *Жалпыға ортақ болу, жалпы түрге ену.*

**ЖАЛПЫЛАСТЫР=** е т . *Жалпыға бірдей ету, барлығына ортақ ету.*

**ЖАЛПЫЛАУ** *Жалпыла етістігінің қимыл атауы.*

**Жалпылау есімдіктері.** л и н г в . *Белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына нұсқай айтылатын жинақты-жалпылау мағынадағы сөздер.*

**ЖАЛПЫЛАУЫШ** с ы н . **1.** *Жалпылама, жаппай.* **2.** л и н г в . ***Жалпылау есімдігі.***

**ЖАЛПЫЛДА=** е т . **1.** *Жалп-жалп ету, желпілдеу.* **2.** *Лаулап жану, лапылдау.* **3.** а у ы с . *Елпілдеу, құрақ ұшу.* **4.** а у ы с . *Асығу, жанұшыру, алқыну.* **5.** а у ы с . *Бәйек болу, құрдай жорғалау, жағымпаздану.*

**ЖАЛПЫЛДАҚ**[1] з а т . ж е р г . *Түйе түлігінің бота мен тайлақ арасындағы кезі.*

**ЖАЛПЫЛДАҚ**[2] з а т . ж е р г . *Киіз үйдің ортасына жағылатын от.*

**ЖАЛПЫЛДАҚ**[3] з а т . ж е р г . *Лапылдап тез жанатын, қызуы тез басылатын қамыс, құрай, жантақ сияқты жеңіл отын түрі.*

**ЖАЛПЫЛДАҚ**[4] с ы н . **1.** *Лап-лап еткен, лапылдаған.* **2.** а у ы с . *Жалп-жалп еткен, жалпылдаған.* **3.** а у ы с . *Елпілдек, елп-елп еткен, жарамсақ.*

**ЖАЛПЫЛДАС=** е т . *Жалпаңдасу, шүйіркелесу, елпілдесу.*

**ЖАЛПЫЛДАСУ** *Жалпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПЫЛДАТ=** е т . **1.** *Жалп-жалп еткізу.* **2.** *Лапылдату, лаулату.*

**ЖАЛПЫЛДАТУ** *Жалпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПЫЛДАУ** *Жалпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПЫЛДАУЫҚ** з а т . ж е р г . *Жануы, сөнуі тез, жылыту қуаты шамалы отын.*

**ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ** з а т . *Үстірттік, нақтысыздық, барлығына қатыстылық.*

**ЖАЛПЫЛЫҚ** з а т . *Жалпыламалық, көпке қатыстылық.*

**ЖАЛПЫМЕМЛЕКЕТТІК** с ы н . *Бүкіл мемлекетке тән, ортақ.*

**ЖАЛПЫШТАН=** е т . *Бәйек болу, жарамсақтану, жалпақтау.*

**ЖАЛПЫШТАНУ** *Жалпыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛПЫНШАҚ** з а т . ж е р г . *Аттың үстіне жабылатын жабу.*

**ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ** с ы н . *Бүкіл бұқара халыққа тән, көпшілікке ортақ.*

**ЖАЛСЫЗ** с ы н . *Жал бітпеген, жалы жоқ. // Жалы жоқ, жал бітпеген, жалсыз жылқы.*

**ЖАЛСЫМАҚ** с ы н . *Жал тәрізді, жалға ұқсас.*

**ЖАЛТ**[1] е л і к . *Кенеттен, аяқасты пайда болған тез, шапшаң қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛТ**[2] з а т . с ө й л . ж е р г . ***Найзағай.***

**ЖАЛТАҚ** с ы н . *Қорқақ, именшек, қорыншақ, жалтаң. // Именшек, қорыншақ, жалтаң адам.*

**ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ** е л і к . *Жалтаң-жұлтаң, елең-елең етіп мазасызданған, алаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛТАҚ-ЖҰЛТАҚ** е л і к . *Жалтақтап, мазасызданған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛТАҚСЫЗ** с ы н . *Қорқақтамай, қорқынышсыз, жалтақтамай, батыл.*

**ЖАЛТАҚТА=** е т . **1.** *Қарайлай беру, елең қағу.* **2.** а у ы с . *Көңілі орнықпау, алаң болу.*

**ЖАЛТАҚТАҒЫШ** с ы н . **1.** *Жалтаң, именшек.* **2.** а у ы с . *Жағымпаз, жарамсақ.*

**ЖАЛТАҢҚЫРА=** е т . *Батылы бармау, именіңкіреу.*

**ЖАЛТАҢҚЫРАУ** *Жалтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҚТАС=** е т . **1.** *Жалтақ-жалтақ қарасу.* **2.** а у ы с . *Имену, жалтару, көңіліне қарау.*

**ЖАЛТАҚТАСУ** *Жалтақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҚТАТ=** е т . **1.** *Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарату.* **2.** а у ы с . *Имендіру, алаңдату, бұқпантайлату.*

**ЖАЛТАҚТАТУ** *Жалтақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҚТАУ** *Жалтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҚТАУСЫЗ** с ы н . *Жалтақсыз, алаңсыз.*

**ЖАЛТАҚТАУШЫ** з а т . *Қарайлаушы, алаңдаушы.*

**ЖАЛТАҚТАУШЫЛЫҚ** з а т . *Жалтақтық, алаңдаушылық.*

**ЖАЛТАҚТЫҚ** з а т . **1.** *Қорқақтық, жасқаншақтық.* **2.** п с и х о л . *Адам мінезіндегі тұрақсыздықты білдіретін жағымсыз сипат.*

**ЖАЛТАҚШЫЛ** с ы н . *Жалтаң, именшек. // Жалтаң, именшек адам.*

**ЖАЛТАЛАҚТА=** е т . с ө й л . ***Жалтақта.***

**ЖАЛТАҢ**[1] з а т . *Ашық, жазық жер.*

**ЖАЛТАҢ**[2] с ы н . *Именшек, қорғаншақ, жалтақ.*

**ЖАЛТАҢДА=** е т . **1.** *Жан-жағына қарайлау, жалтақтау, жаутаңдау.* **2.** *Тынымы кетіп, мазасыздану.* **3.** а у ы с . *Батылсыздық білдіріп қорғаншақтау, қипақтау, жалтақтау.* **4.** а у ы с . *Бағыныышты, тәуелді болу.*

**ЖАЛТАҢДАС=** е т . *Жалтақтасу, жаутаңдасу.*

**ЖАЛТАҢДАСУ** *Жалтаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҢДАТ=** е т . *Жалтақтату, жаутаңдату.*

**ЖАЛТАҢДАТУ** *Жалтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҢДАУ**[1] с ы н . *Именшектеу, жалтақтау.*

**ЖАЛТАҢДАУ**[2] *Жалтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҢ-ЖАЛТАҢ** с ы н . *Жалтақ-жалтақ, елең-елең.*

**ЖАЛТАҢДЫҚ** з а т . *Қорқақтық, жасқаншақтық.*

**ЖАЛТАҢ-ЖҰЛТАҢ** с ы н . *Жалтаң-жалтаң, елең-елең, алақ-жұлақ.*

**ЖАЛТАҢКӨЗ** з а т . **1.** *Жалтақ, тайсақ.* **2.** *Тәуелді, жалынышты.*

**ЖАЛТАҢКӨЗДЕН=** е т . *Қорқақтау, тайсалу.*

**ЖАЛТАҢКӨЗДІК** з а т . *Біреуге тәуелді болушылық, көзін сатушылық.*

**ЖАЛТАҢҚЫРА=** е т . *Жалтарыңқырау, тайсалыңқырау.*

**ЖАЛТАҢҚЫРАУ** *Жалтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАҢСЫЗ** с ы н . *Жалтақсыз, қипақсыз.*

**ЖАЛТАҢШЫЛ** с ы н . *Жалтақ, қорғаншақ, именшек (адам).*

**ЖАЛТАР=** е т . **1.** *Алған бағытынан жалт беру, шұғыл бұлтару.* **2.** *Бұл – талақтау, айтқанында тұрмай тайсақтау.*

**ЖАЛТАРҒЫШ** с ы н . **1.** *Бұрмалай тартқыш, ұстатуы қиын, епті, бұлтарғыш.* **2.** а у ы с . *Сенімсіз, тұрақсыз, бұлтарма.*

**ЖАЛТАРҒЫШТЫҚ** зат. **1.** *Бұлтарғыштық, ептілік, әдісқойлық.* **2.** ауыс. *Айнығыштық, тұрақсыздық, тайсақтық.*

**ЖАЛТАРМА** сын. **1.** *Бұрылысы көп, айналмалы.* **2.** ауыс. *Бұлтарғыш, әдісқой, епті.* **3.** *Тайсақтама, бұлтарма, ұстатпай кететін.*

**ЖАЛТАРМАЛА=** ет. *Тайқақтау, бұлталақтау, қашқалақтау.*

**ЖАЛТАРМАЛЫ** сын. *Жалтармасы бар, бұлтармасы көп.*

**ЖАЛТАРТ=** ет. **1.** *Бұлтарту, бет бұргызу, бұлтаруға мәжбүрлеу.* **2.** ауыс. *Тайсақтату, айныту.*

**ЖАЛТАРТУ** *Жалтарт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАРУ** *Жалтар етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАРЫЛ=** ет. *Алған бағытынан жалт беру, шұғыл бұрылу, бұлтару.*

**ЖАЛТАРЫЛУ** *Жалтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАРЫМПАЗ** сын. *Жалтарғыш, бұлтарғыш.*

**ЖАЛТАРЫП-ЖАСҚАН=** ет. *Қорқып-қаймығу, имену.*

**ЖАЛТАРЫП-ЖАСҚАНУ** *Жалтарып-жасқан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТАРЫС** зат. *Әдіс-айла, тәсіл, қулық.*

**ЖАЛТАРЫССЫЗ** сын. *Жалтарысы жоқ, әдіс-айласыз, тура.*

**ЖАЛТ-ЖАЛТ** елік. *Жалтылдаған, жарқыраған қимыл-қозғалысты, қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛТ-ЖҰЛТ** елік. *Жарқыраған, әртүрлі болып жалтылдаған қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

**ЖАЛ-ТОЛҚЫН** зат. бейне. *Дөң, жал мен толқын.*

**ЖАЛТЫЛ** зат. *Жарқыл, жалтыр.*

**ЖАЛТЫЛДА=** ет. **1.** *Жалт-жұлт ету, жарқылдау.* **2.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау, көзге шағылысу.* **3.** *Жылт-жылт ету, жылтылдап көріну.*

**ЖАЛТЫЛДАҚ** сын. **1.** *Жалт-жұлт еткен, жалтырауық.* **2.** ауыс. *Әсірелеме, жалған.*

**ЖАЛТЫЛДАУ** *Жалтылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТЫР**[1] зат. жерг. ***Найзағай.***

**ЖАЛТЫР**[2] сын. **1.** *Айнадай жайнаған, жалтырауық.* **2.** *Теп-тегіс, жылтыр.* **3.** *Бұлтсыз, ашық.*

**ЖАЛТЫРА=** ет. *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау.*

**ЖАЛТЫРАҚ** сын. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен, жарқырақ, жалтыраған, жылтырақ.* **2.** ауыс. *Мағынасыз, мәнсіз, жылтыр сөз.*

**ЖАЛТЫРАТ=** ет. *Жарқырату, тазарту.*

**ЖАЛТЫРАТУ** *Жалтырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТЫРАУ** *Жалтыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛТЫРАУЫҚ**[1] зат. кәс. *Ақ қаңылтырдан балық тәріздес етіп жасаған құрал.*

**ЖАЛТЫРАУЫҚ**[2] сын. *Жалт-жалт еткен, жарқырауық.*

**ЖАЛТЫРБОЗ** зат. *Құмды жерде өсетін келіншекбоз, тарақбоз тәрізді шөптердің бір түрі.*

**ЖАЛТЫР-ЖҰЛТЫР** сын. *Жалтыраған, жалт-жұлт еткен.*

**ЖАЛТЫРЛАУ** сын. *Жалтырауық, жалтырағыш.*

**ЖАЛУНА** [ор. жалованье] зат. тар. *Еңбекақы, айлық.*

**ЖАЛША** зат. *Жал тәрізді төмпешік.*

**ЖАЛШЫ** зат. тар. *Жалданып күн көруші адам, малай.*

**ЖАЛШЫ=** ет. *Жару, қақ бөлу.*

**ЖАЛШЫ-ЖАБЫ** зат. сөйл. жерг. *Жалшы-жақыбай.*

**ЖАЛШЫ-ЖАҚЫБАЙ** зат. *Жалшы-жарлы, кедей-кепшік.*

**ЖАЛШЫ-ЖАРЛЫ** зат. *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.*

**ЖАЛШЫ-ЖАРЫМ** зат. *Кедей-кепшік, жоқ-жітік.*

**ЖАЛШЫ-ҚОСШЫ** зат. тар. *Кедей шаруа.*

**ЖАЛШЫМА=** ет. жерг. ***Жарыма.***

**ЖАЛШЫМАУ** *Жалшыма етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛШЫМДЫ** сын. жерг. *Жартымды, жеткілікті, көп.*

**ЖАЛШЫЛЫҚ** зат. тар. *Жалданып күн көрушілік.*

**ЖАЛЫҒУ** *Жалық етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫҚ=** ет. *Мезі болу, жеру, зеригу .*

**ЖАЛЫҚТЫР=** ет. *Зеріктіру, мезі қылу.*

**ЖАЛЫҚТЫРҒЫШ** сын. *Мезі қылғыш, зеріктіргіш.*

**ЖАЛЫҚТЫРУ** *Жалықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫН** зат. **1.** *Жанған оттың лапылы, ыстық қызуы.* **2.** кен. *Отын жанған кезде жоғары температурадағы ортада ыстық газбен бірге қатты, сұйық және тозаң түйіршік түрінде пайда болатын зат.* **3.** жерг. *Бет қаратпай қатты соғып тұратын жел.* **4.** ауыс. *Күш-жігер, қайрат.*

**ЖАЛЫН=** ет. *Тіленіп өтіну, жалынып-жалбарыну.*

**ЖАЛЫНАРЛЫҚ** зат. *Жалынуға тұрарлық.*

**ЖАЛЫНГҮЛ** зат. өс. <лат. coronaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАЛЫНҒЫШ** сын. *Өтініп сұрағыш, жалынып-жалпайғыш.*

**ЖАЛЫНДА=** ет. **1.** *Қызулы от шарпу, жалын шашу.* **2.** ауыс. *От боп жану, құмарту.* **3.** ауыс. *Жайнау, жарқылдау.* **4.** ауыс. *Күш-қуаты арту, жігері тасу.*

**ЖАЛЫНДАЙ** сын. *Жалын тәрізді, жалын сияқты.*

**ЖАЛЫНДАН=** ет. *Алаулану, жалын ату.*

**ЖАЛЫНДАНУ** *Жалындан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНДАС=** ет. *Жігерлері тасу, күш-қайраты арту.*

**ЖАЛЫНДАТ=** ет. **1.** *Жалын атқызу, алаулату.* **2.** *Күйдіріп-жандыру, отқа ұстау.* **3.** ауыс. *Күш беру, қарқын қосу, жігерлендіру.*

**ЖАЛЫНДАТУ** *Жалындат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНДАУ** *Жалында етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНДЫ** сын. **1.** *Жалыны күшті, қызулы.* **2.** ауыс. *Жігерлі, қайратты.*

**ЖАЛЫНДЫЛЫҚ** зат. *Өжеттілік, өткірлік.*

**ЖАЛЫНДЫР=** ет. *Қиылып сұрату, жалбарындыру.*

**ЖАЛЫНДЫРУ** *Жалындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫН-ЖАЛБАРЫН=** ет. *Жалынып-жалпаю, қиыла сұрап өтіну.*

**ЖАЛЫНЖЫ** зат. *Еңбегіне төленетін ақы, жалақы.*

**ЖАЛЫНСЫЗ** сын. *Жалыны жоқ, жігерсіз, қайратсыз.*

**ЖАЛЫНТ=** ет. *Жалбарынту, қиылып сұрату, тілендіру.*

**ЖАЛЫНТУ** *Жалынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНУ** *Жалын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНША** үст. *Жалын тәрізді, жалынға ұқсап.*

**ЖАЛЫНШАҚ** сын. **1.** *Жалынып-жалпайғыш, жалынышты.* **2.** ауыс. *Зәру, мұқтаж.*

**ЖАЛЫНШАҚТА=** ет. *Жалынышты болу, жалынып-жалпаю.*

**ЖАЛЫНШАҚТАУ** *Жалыншақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНЫМПАЗ** сын. *Жалынып-жалпайғыш, өтінгіш.*

**ЖАЛЫНЫП-ЖАЛБАРЫН=** ет. *Тіленіп-өтініп, қиыла сұрау.*

**ЖАЛЫНЫП-ЖАЛБАРЫНУ** *Жалынып-жалбарын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНЫП-ЖАЛПАЙ=** ет. *Жалынып-жалбарыну, өтініп сұрау.*

**ЖАЛЫНЫП-ЖАЛПАЮ** *Жалынып-жалпай етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНЫС=** ет. *Жалбарынысу, қиылып сұрасу.*

**ЖАЛЫНЫСУ** *Жалыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЛЫНЫШ** зат. *Қиыла сұраған тілек, өтініш.*

**ЖАЛЫНЫШТАР** сын. *Жалынышты, зәру, мұқтаж.*

**ЖАЛЫНЫШТЫ** сын. *Біреуге тәуелді, бағынышты, кіріптар.*

**ЖАЛЫНЫШТЫЛЫҚ** зат. *Тәуелділік, бағыныштылық, кіріптарлық.*

**ЖАЛЮЗИ** [франц. jalousie] зат. *Ағаш тақташалардан, қамыстан т.б. жіпке тізіліп ілінетін терезе пердешелері.*

**ЖАМ**[1] зат. **1.** жерг. *Теңіздің терең, өзек жерлері.* **2.** *Қазылған ор, шұңқыр.* **3.** *Құрылған тұзақ; қақпан.*

**ЖАМ**[2] зат. жерг. *Табақ, ыдыс.*

**ЖАМ**[3] зат. жерг. *Қызылшаның жарамсыз қалдығы.*

**ЖАМ**[4] зат. жерг. *Ру, ата.*

**ЖАМ**[5] есім. *Барлық, бүкіл, күллі, тәмам.*

**ЖАМ**[6]**: жам жол**. *Қыр үстіндегі жалғыз аяқ жол.*

**ЖАМА=** ет. **1.** *Бір заттың жыртылған, тозған жеріне өзі түстес нәрсе салып бүтіндеу, тігу.* **2.** ауыс. *Дұрыстап қалпына келтіру, түзеу.* **3.** ауыс. *Көбейтіп қосу, үстемелеу.* **4.** ауыс. *Халықтың басын құрау, біріктіру.*

**ЖАМАҒАЙЫН** зат. *Туыстық жағынан онша жақын емес, алыс ағайын, аталас ағайын-жұрт.*

**ЖАМАҒАТ** [ар.جماعة] зат. **1.** діни. *Жиналған топ, халық, жұрт.* **2.** *Жұбай, зайып, әйел.* **3.** *Жұрағат, жақыны.*

**ЖАМАЙ** зат. көне. *Жамағат, жиналған жұрт.*

**ЖАМАЛ** [ар. جمال] зат. **1.** *Келбет, жүз, өң.* **2.** *Көрік, сұлулық, көркемдік.*

**Жамалы көркейді.** *Ажары артты, сұлуланды.* **Жамалына көз алмасты.** *Ажарына, жүз, көркіне көз сүрінді.*

**ЖАМАЛДАТ** зат. жерг. *Түйе мен жылқыда болатын ауру.*

**ЖАМАЛДАТҚЫР=** ет. қарғ. *Жамалдат ауруына шалдыққыр, жамалдат тигір.*

**ЖАМАН** сын. **1.** *Ескі, тозығы жеткен.* **2.** ауыс. *Ақымақ, ессіз. // Адамшылығы жоқ, жаман адам.* **3.** *Жағымсыз, ұнамсыз.* **4.** *Жайсыз,*

*қолайсыз. // Өте, қатты.* **5.** *Сорлы, байғұс.* **6.** *Дөрекі, былапыт.* **7.** *Теріс, пасық.* **8.** *Жасық, әлсіз.*

**Жақсысын асырды, жаманын жасырды**. *Жұрт көзіне намысын қорғады, сыр бермеді; көтермеледі, қолдады.* **Жаман адам**. *Қоғамда қалыптасқан әдеп, ахлақ, ізгілік нормаларына қайшы мінез-құлық, әрекет иесінің жалпы атауы.* **Жаман айтпай, жақсы жоқ.** *Алда-жалда сәтсіздік болса, алмағайып дүние.* **Жаман айтты.** *Қатты сөйледі, ұрсып тастады.* **Жаман аты шықпады.** *Теріс қылықтары көрінбеді, өсекке ілінбеді.* **Жаман ауру.** а) ж е р г. *Алапес ауруы.*

ә) э в ф. *Қылтамақ, ісік ауруларының халық арасындағы аты.* **Жаман дат түйді.** ж е р г. *Айыптады, қаралап сөйледі.* **Жаман есімі шашылды.** *Жаманаты тарады.* **Жаман ит.** *Сұғанақ, ұры-қарыны байқай бермейтін қазан-аяқ аңдыған, кім ас берсе соның соңынан ере беретін тойымсыз ит.* **Жаман көзден [тілден] аулақ [жырақ] етсін.** т і л е к. *Тіл-көзден сақтасын.* **Жаман көзімен қарады [жеді].** *Ұнатпады, жақтырмады.* **Жаман көрді.** *Жек көрді, жақтырмады.* **Жаман неме.** т а б у. *Сәби, нәрестеге көз, тіл тимесін деп әдейі атайтын сөз.* **Жаман сөзге барды.** *Ренжісті, жүз шайысты, жағымсыз сөз айтысты.* **Жаман түйенің жабуындай.** *Әбден тозығы жеткен, ескі, алба-жұлбасы шыққан.* **Жаман үйретті.** *Жаманға дағдыландырды, тыймады.* **Жаман ырым.** *Жамандыққа жору, жаманшылық болады деп санау.* **Жетесі жаман**. *Тегі нашар, тексіз; ақыл-парасаты төмен; ұшып шыққан ұясы жаман.*

**ЖАМАНАТ** з а т. **1.** *Өлім-жітім болғанда, кенеттен жау тигенде немесе кездейсоқ жағдайға ұшырағанда айтылатын суық хабар.* **2.** *Өсек-аяң, өтірік, жалған сөз.*

**Жаманатқа қалдырды.** *Ұятқа, ыңғайсыз жағдайға душар етті, жаман сөзге іліктірді.* **Жаманатқа тақты.** *Өсекке, айыпқа таңды.* **Жаманатты болды**. *Ұятқа қалды, абыройсыздыққа ұшырады, жек көрінішті болды.* **Жаманаты шықты [шығарды].** *Жаман қылығы әйгілі болды.*

**ЖАМАНДА=** е т. **1.** *Біреуді сыртынан сөз қылу, өсек айту.* **2.** *Жаман деп айту, даттау.* **3.** *Мінін айту, мінеу, сынау.*

**ЖАМАНДАЙ** с ы н. *Жаман тәрізді, нашар адамдай.*

**ЖАМАНДАЛ=** е т. *Сырттан сөзге таңылу, датталу.*

**ЖАМАНДАЛУ** *Жамандал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАНДАС=** е т. **1.** *Біреудің сыртынан айтылған ғайбатқа, өсекке қосылу.* **2.** а у ы с. *Ренжісу, өкпелесу, өштесу.*

**ЖАМАНДАСУ** *Жамандас етістігінің қимыл атауы; әңгіме-сөзге қосылу, ренжісу, өштесу.*

**ЖАМАНДАТ** з а т. в е т. <лат. anthrax> *Жылқыда жалқаяқ түрінде болатын аса жұқпалы, ісікті ауру, сібір жарасы.*

**ЖАМАНДАТ¹=** е т. *Артық сөзге іліктіру, қостыру, өсекке қалдыру, даттау.*

**ЖАМАНДАТ²=** е т. *Жамандат ауруымен ауыру.*

**ЖАМАНДАТҚЫЗ=** е т. *Біреуді сыртынан әдейі сөзге іліктіру, өсекке таңғызу.*

**ЖАМАНДАТҚЫЗУ** *Жамандатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАНДАТҚЫР** з а т. *Жылқы малында болатын ауру, кесел.*

**ЖАМАНДАТҚЫР=** е т. қ а р ғ. *Жамандат ауруына шалыққыр, жамандат тигір.*

**ЖАМАНДАТТЫР=** е т. *Өсек-аяңға таңғыздыру.*

**ЖАМАНДАТТЫРУ** *Жамандаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАНДАТУ¹** *Жамандат¹ етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАНДАТУ²** *Жамандат² етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАНДАУ** *Жаманда етістігінің қимыл атауы; сырттай сөз қылу, өсектеу, даттау.*

**ЖАМАНДАУШЫ** з а т. *Қарсы пікір айтушы, ғайбаттаушы.*

**ЖАМАНДЫ-ЖАҚСЫЛЫ** с ы н. *Жаманы бар, жақсысы бар, жақсылы-жаманды.*

**ЖАМАНДЫҚ** з а т. **1.** *Жайсыз оқиға, суық хабар, кесір.* **2.** *Жағымсыз іс, жағымсыз қимыл-әрекет.*

**ЖАМАНДЫҚСЫЗ** с ы н. *Жамандығы жоқ, адал ниетті.*

**ЖАМАН-ЖАҚСЫ** с ы н. *Жаманы мен жақсысы, ащы мен тұщысы аралас.*

**Жаман-жақсы болса да.** *Жақсы-жаман болса да, қандай болса да.*

**ЖАМАН-ЖАМАН** с ы н. *Тым нашар, жайсыз, теріс.*

**ЖАМАН-ЖАСЫҚ** с ы н. *Нашар, ынжық, жақсы емес.*

**ЖАМАН-ЖӘУТІК** с ы н. **1.** *Ескі-құсқы, көне.* **2.** *Арық-тұрақ, нашар.* **3.** а у ы с. *Нашар, төменгі топ.*

**ЖАМАН-ЖҰМАН** с ы н. **1.** *Ескі, көне.* **2.** а у ы с. *Әлсіз, ынжық, нашар.*

**ЖАМАН-ЖҰТЫҚ** с ы н. *Ескірген, тозығы жеткен. //* ж е р г. *Жаман-жәутік, нашар мал.*

**ЖАМАНСАРЫ** з а т. з о о л. <лат. buteo buteo> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдастарына жататын жыртқыш құстардың бір өкілі.*

**ЖАМАНСЫН=** е т. *Жаман деп санау, менсінбеу.*

**ЖАМАНШЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Жаман ниет, арамдық.* **2.** *Өмірдің ащы-тұщысы, қиындық.*

**Жаманшылық шақыра келді.** *Бәрі бітті, құрыды деп алдын-ала байбалам сала келді.* **Жаманшылық шақырма.** *Жаман ой ойлама, қара ниет білдірме.*

**ЖАМАП-ЖАСҚА=** е т. **1.** *Тозығы жеткен затты жөндеп тігу, жамау салып бүтіндеу.* **2.** *Қираған, сынған заттарды бүтіндеп жөндеу, түзетіп ұқсату.*

**ЖАМАП-ЖАСҚАУ** *Жамап-жасқа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тозығы жеткен затты жөндеп тігу, бүтіндеу.* **2.** *Қираған, сынған заттарды жөндеу.* **3.** а у ы с. *Жасыру. // Екі ұшты болжам, қоспа сөз.*

**ЖАМАС=** е т. *Жыртылған киімді бүтіндеуге көмектесу, жамау салысу.*

**ЖАМАСТЫР=** е т. **1.** *Ескі нәрсеге жамау салып, бүтіндеп қою, жамап-жасқау.* **2.** а у ы с. *Бірлікке шақыру, татуластыру.*

**ЖАМАСТЫРУ** *Жамастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАСУ** *Жамас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАТ=** е т. **1.** *Жыртық нәрсені бүтіндету, тіктіру.* **2.** а у ы с. *Көңілін аулау, жұбату.*

**ЖАМАТТЫР=** е т. *Ескі-құсқыларды бүтіндеттіру.*

**ЖАМАТТЫРУ** *Жаматтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАТУ** *Жамат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАУ¹** з а т. **1.** *Жыртылған киімді бүтіндеу үшін салынатын өзі түстес материал.* **2.** а у ы с. п о э т. *Мағынасыз суреттеу, әлсіз әсерлеу, өңдеу, шығармашылық қоспалар.*

**Жамау салу**. и н ф. <ағыл. patching> *Объектілік модульдерде немесе құрастырылған программаларды қайталама аударусыз немесе қайталама құрастырусыз өзгерістер енгізіп түзету.* **Жамау түсті.** *Жамау салды, жамады.*

**ЖАМАУ²** с ы н. *Ескі, әбден тозған, жамауы бар деген мағынада.*

**ЖАМАУ³** *Жама етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір заттың жыртылған, тозған жеріне өзі түстес нәрсе салып бүтіндеу, тігу.* **2.** а у ы с. *Халықтың басын біріктіру.* **3.** а у ы с. *Қалпына келтіру.*

**ЖАМАУДАЙ** с ы н. *Жамау сияқты, жамау секілденген.*

**ЖАМАУ-ЖАМАУ** с ы н. *Тозығы, әбден жетіп жамалған, шоқпыт-шоқпыт.*

**ЖАМАУ-ЖАСҚАУ** з а т. **1.** *Бүтіндеп тіккен жер, құрау.* **2.** а у ы с. *Құрама, жарамсыз, қажетсіз.*

**ЖАМАУ-ЖАСҚАУЛЫ** с ы н. *Жамау-жасқау түскен, ескіріп тозған.*

**ЖАМАУ-ЖАСҚАУЛЫҚ** с ы н. *Жамап-жасқауға лайықты, жарайтын.*

**ЖАМАУ-ЖАСҚАУСЫЗ** с ы н. **1.** *Жамалмаған, жамау түспеген.* **2.** а у ы с. *Ешбір боямасыз, жалған қоспасыз.*

**ЖАМАУҚАТ** з а т. ж е р г. *Дала жемісі, жидек.*

**ЖАМАУЛА=** е т. с ө й л. *Жамап-жасқау, ескіні бүтіндеу.*

**ЖАМАУЛАУ** *Жамаула етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМАУЛЫ** с ы н. *Жамауы бар, жамау түскен.*

**ЖАМАУЛЫҚ** з а т. *Киімді бүтіндеуге жамау боларлық ескі-құсқы киім-кешек.*

**ЖАМАУСЫЗ** с ы н. *Жамау түспеген, жамауы жоқ.*

**ЖАМАУШЫ** з а т. *Ескі-құсқыны бүтіндеп жамайтын адам.*

**ЖАМБАЙЛА=** е т. *Жанамалап жанасып қасына жақындай түсу.*

**ЖАМБАЙЛАУ** *Жамбайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМБАҚЫ** з а т. ж е р г. *Ұры, қарақшы.*

**ЖАМБАР** з а т. ж е р г. *Жақын туыс.*

**Жамбар тартты.** ж е р г. *Жақын тартты, туыс көрді.*

**ЖАМБАРЛА=** е т. с ө й л. ***Жанамала***.

**ЖАМБАРЛАС** с ы н. *Жақын тартатын, таныс.*

**ЖАМБАРЛАС=** е т. ж е р г. *Жарамсақтану.*

**ЖАМБАРЛАСУ** *Жамбарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМБАС** з а т. **1.** а н а т. <лат. pelvis> *Жан-жануарлардың бөксе жағындағы жерде ортан жілікпен жалғасқан сан сүйегінің бір бөлігі.* **2.** э т н. *Сыйлы қонаққа ас бергенде салынатын мүше.* **3.** *Бөксенің екі жақ жаны.*

**Жамбас астауы**. а н а т. <лат. garum pelvis> *Жамбас сүйектерінің, сегізкөз, құйымшақ омыртқаларының түйіскталып қосылған жері.* **Жамбас белдеуі.** а н а т. <лат. cingulum membri pelvini> *Бір-бірімен шеміршекті жамбас шегі арқылы байланысып, жамбас атауын жасайтын жамбас сүйектері.* **Жамбасқа салу.** с п о р т. *Күрес ойынының әдісі.* **Жамбас сүйегі.** а н а т. <лат. os coxae> *Жануарлардың артқы жамбас белдеуінің қаңқасы.* **Жамбасы жерге тигенше.** *Өле-өлгенше, ақырғы демі біткенше.* **Жамбасы жерге тиді.** а) *Күресте жығылды, жеңіліп қалды.* ә) *Өлген адамды жерледі, қойды.* б) *Өлді, дүние салды.* **Жамбасы [жауырыны] жерге тимеген.** *Күшті, біреуден жығылып көрмеген (балуан туралы айтылады).* **Жамбасына алтын жамбы салып жатқандай.** *Молшылыққа кенелу.* **Жамбасына аяздай батты.** *Жанға батты, қинады.* **Жамбасына мұз батқандай.** *Өте қолайсыз, жайсыз, тым ыңғайсыз жағдайда қалғандай.* **Жамбасының шұқырына салып сақтады**. *Тыққыштап, көзден тасалап сақтады.*

**ЖАМБАСАҚЫ** з а т. *Жатқан орнына төленетін ақша***.**

**ЖАМБАСБҮЙРЕК** зат. анат. <грек. metanephros> *Қағанақты омыртқалы жануарлардың жұп зәр шығару мүшесі.*

**ЖАМБАСҚАЛТА** зат. *Киімнің сыртынан жамбасқа жақын тігілетін қалта.*

**ЖАМБАСҚҰРТ** зат. зоол. *Шаяншалар тобына жататын ұсақ жәндік.*

**ЖАМБАССИПАР** зат. этн. *Қазақы салт-дәстүрге байланысты қызға құда түскенде жасалатын ырым.*

**ЖАМБАСПҰЛ** зат. ***Жамбасақы.***

**ЖАМБАСТА=** ет. *Бір жақ қырынан қисаю, жантая жату.*

**ЖАМБАСТАС** сын. *Көршілес, жақын.*

**ЖАМБАСТАТ=** ет. *Бір шетіне қисайта тастау, қою.*

**ЖАМБАСТАТУ** *Жамбастат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМБАСТАУ** *Жамбаста етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМБАСТЫҚ** зат. *Жамбас орналасқан жер, арт жақ.*

**ЖАМБОЗ** зат. жерг. ***Жампоз.***

**ЖАМБОЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Жампоздық.***

**ЖАМБЫ** зат. **1.** көне. *Сауда кезінде алыс-беріске пайдаланатын, сыйлыққа жүретін әртүрлі формадағы қорытылып құйылған кесек алтын не күміс: алтын, күміс құймасы.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, көрсеқұмар.*

**Жамбы ату.** ойын. *Биік бағанадағы күміс жамбыны ат үстінен ататын түркі тектес халықтардың ертеден кең тараған спорт ойыны.* **Жамбы басты.** *Мықты, атақты.* **Желін жамбы.** *Желін үлгілес етіп құйған сом күміс.*

**ЖАМБЫДАЙ** сын. **1.** *Жамбы тәрізді жалт-жұлт жарқыраған, жалтырауық.* **2.** *Жамбы тәрізді аса қымбат, жоғары бағалы.*

**ЖАМБЫЛ**[1] зат. *Кентті, қаланы төңірек қоршаған қорған, бекініс.*

**ЖАМБЫЛ**[2] зат. өс. <лат. thymus cuneatus klok> *Шымқай қоңыр түсті гүл.*

**ЖАМБЫЛДА=** ет. *Әдемілеп әшекейлеу, жарқырату.*

**ЖАМБЫЛДАУ** *Жамбылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМБЫЛТАНУ** зат. әдеб. *Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттейтін өзіндік дербес саласы.*

**ЖАМБЫЛЫҚ** сын. *Жамбыдай қымбат, бағалы.*

**ЖАМБЫРША** зат. жерг. *Қауынның тез пісетін кішкене сорты.*

**ЖАМҒАР**[1]**=** ет. жерг. *Істі тындыру, реттеу.*

**ЖАМҒАР**[2]**=** ет. *Жайрату, жайпау.*

**ЖАМҒИЯТ** зат. ескікіт. ***Жамағат.***

**ЖАМҒЫСЫ** есім. ескікіт. *Барлығы, күллісі, жамиғысы.*

**ЖАМИҒА** зат. ескікіт. *Жамағат, көпшілік қауым, қоғам, ел-жұрт.*

**ЖАМИҒАТ** зат. ескікіт. ***Жамағат.*** **1.** *Жиналған топ, халық, жұрт.* **2.** *Жұрағат, жақыны.*

**ЖАМИҒИ** есім. ескікіт. ***Жамиғы.***

**ЖАМИҒЫ** [ар. جميع] есім. *Бүкіл, барлық.*

**ЖАМИЫҚ** зат. ***Жамиғы*** *(бүкіл, барлық, күллі).*

**ЖАМИЯ** [ар. ] зат. *Қарамағы, қарауы, қол асты.*

**ЖАМКІ** зат. жерг. *Шоқ қысқыш, қышқаш.*

**ЖАМПАЙЛА=** ет. *Бір нәрсені айтқысы келіп жиектеу, төңіректеп жағалау.*

**ЖАМПАЙЛАС=** ет. *Бірімен-бірі шүйіркелесе кету, жақындасу.*

**ЖАМПАЙЛАСУ** *Жампайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПАҢ: жампаң етті [қақты].** *Асты-үстіне түсті, жалпақтап күтті.*

**ЖАМПАҢДА=** ет. **1.** *Аузы-аузына тимей, апыл-ғұпыл шайнаңдау.* **2.** ауыс. *Біреуге жақындай түсу, өз-өзінен жабысу.* **3.** ауыс. *Біреуге қошемет көрсетіп жалпылдау, асты-үстіне түсу.*

**ЖАМПАҢДАУ** *Жампаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПАҢДАҢҚЫРА=** ет. *Жампаң қағыңқырау, жалбақтаңқырау.*

**ЖАМПАҢДАҢҚЫРАУ** *Жампаңдаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПАҢДАС=** ет. *Біреуге жақындасып, жампаң қағысу, жалбақтасу.*

**ЖАМПАҢДАСУ** *Жампаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПАҢДАТ=** ет. *Жампаң қағысу, жалбақтату.*

**ЖАМПАҢДАТУ** *Жампаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПАҢДАУ** *Жампаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМПИ=** ет. *Жалпию, тарбию.*

**ЖАМПОЗ** зат. **1.** *Нар мен айыр түйенің арасынан шыққан асыл тұқымды түйе.* **2.** ауыс. *Жігіттің төресі, арланы, ардақтысы. // Биік, үлкен. // Жүйрік, жүрдек. // Сұлу, сылқым (әйел). // Өткір, алғыр, пысық.*

**Жампоз атан.** жерг. *Ақта етілген айыр түйенің бес жастан басталатын атауы.* **Жампоз бота.** жерг. *Жампоз інген мен жампоз бурадан туылған, дене бітімі көзге ерекше сезілетін, тік, тең қос өркеш, құс тұмсық, барынша сүйімді бота.* **Жампоз өркеш.** жерг. *Тең өркеш, айырдың жампозы атанатын өркеші.* **Жампоз інген.** жерг. *Бес жастан асқан таза нәсілді ұрғашы айыр түйенің ең таңдаулысы (күшке де, өнімділікке де, мінез бен жүріске де мақтаулысы).*

**ЖАМПОЗДАЙ** сын. *Жампоз секілді, мықты, шыдамды.*

**ЖАМПОЗДЫҚ** зат. *Төрелік, серілік.*

**ЖАМПЫЛДА=** ет. жерг. ***Жалтақтау.***

**ЖАМПЫЛДАУ** *Жампылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМСА=** ет. *Жаппай қырылу, жайрап жату.*

**ЖАМСАҚТАН=** ет. *Жағымпаздану, жарамсақтану.*

**ЖАМСАҚТАНУ** *Жамсақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМСАТ=** ет. **1.** *Жайратып салу, сазайын тарттыру, қыру.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені түгел тауысу, жалмау.* **3.** ауыс. *Теп-тегіс етіп қиып салу, құлату.*

**ЖАМСАТУ** *Жамсат етістігінің қимыл атауы; қыру, жайрату.*

**ЖАМСАТЫС** зат. *Жайратыс, қырғын ұрыс.*

**ЖАМСЫҚ** зат. өс. *Бұршақ тұқымдас өсімдік.*

**ЖАМША** зат. жерг. ***Әңгелек.***

**ЖАМШЫ** зат. көне. **1.** *Бағалы матадан оюлап істеген төсек жапқыш.* **2.** *Арқаға жамылатын желбегей жабу.*

**Жасыл жамшы.** бейн. *Көкорай шалғын.*

**ЖАМШЫДАЙ** сын. *Жамшы тәрізді, жамшы сияқты бағалы, қымбат.*

**ЖАМШЫЛА=** ет. *Тасалау, көлегейлеу.*

**ЖАМЫ** зат. жерг. *Шұңқыр.*

**ЖАМЫҒУ** *Жамық етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫҚ=** ет. *Қамығу, мұңайып қапалану.*

**ЖАМЫЛ=** ет. **1.** *Орап қымтану, жабыну.* **2.** *Иыққа желбегей салу, бүркену.* **3.** ауыс. *Жайнап өсу, құлпыра көгеру.* **4.** ауыс. *Айналаны тұтаса қаптап қоршау, торлау.* **5.** *Тасаланып көзге түспеу.* **6.** ауыс. *Бетке ұстау, желеу ету, бүркену.* **7.** ауыс. *Басына ауыртпалық түсу, тар жол, тайғақ кешуді өткеру, қилы заманға кезігу.*

**ЖАМЫЛҒЫ** зат. **1.** *Жұқа матадан, жібектен істелген жапқыш.* **2.** *Көрпе.* **3.** *Бүркеніш зат, таса, қалқа.* **4.** биол. *Сыртқы қабық, қабыршақ.* **5.** ауыс. *Қорғаныш, пана. // Жалған, жасырын.*

**Жамылғы етті.** *Желеу қылды, сылтауратты.* **Жамылғы саздақтар.** геол. *Плейстоцендік мұздықтану атырабының бедерін жұқа жамылғыдай жауып жататын түзілімдер.*

**ЖАМЫЛҒЫЛА=** ет. **1.** *Жамылғы ету.* **2.** ауыс. *Паналау, қорғаныш қылу.*

**ЖАМЫЛҒЫЛАУ** *Жамылғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛҒЫЛЫ** сын. *Жамылғысы бар.*

**ЖАМЫЛҒЫСЫЗ** сын. *Жамылғысы жоқ.*

**ЖАМЫЛҒЫШ** зат. **1.** *Бірдеңенің бетіне жабылатын бүркеуіш зат, жапқыш.* **2.** *Бір нәрсенің сыртқы қабаты, бетіндегі қабыршағы.* **3.** ауыс. *Жалғандық, бет перде.*

**ЖАМЫЛДЫР=** ет. *Бүркеу, қымтау, жабу.*

**ЖАМЫЛДЫРУ** *Жамылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛТҚЫ** зат. сөйл. **1.** ***Жамылғыш.*** **2.** *Киіз үйдің сыртқы қабаты.*

**ЖАМЫЛТҚЫЛА=** ет. *Бүркемелеу, жасырып білдірмеу.*

**ЖАМЫЛТҚЫЛАУ** *Жамылтқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛТҚЫШ** зат. сөйл. ***Жамылғы.***

**ЖАМЫЛУ** *Жамыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жабу.* **2.** ауыс. *Қаптап қоршау, торлау.*

**ЖАМЫЛУЛЫ: қара жамылулы.** *Қайғылы, қасіретті.*

**ЖАМЫЛШЫ** зат. сөйл. **1.** *Жамылғы, бүркеніш.* **2.** *Жапқыш, көрпе.*

**ЖАМЫЛШЫЛА=** ет. *Бүркемелеу, тасалау, қалқалау.*

**ЖАМЫЛШЫЛАУ** *Жамылшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛШЫЛЫ** сын. *Жамылғылы.*

**ЖАМЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Жамыла түсу, бүркемелей түсу, тасалаңқырау.*

**ЖАМЫЛЫҢҚЫРАУ** *Жамылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛЫС=** ет. *Киімді иыққа желбегей салу, бүркенісу, оранысу.*

**ЖАМЫЛЫСУ** *Жамылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫЛЫШ** зат. **1.** *Қысқы үйдің төбесіне, ағаштың үстіне жапқан шөп, шырпы.* **2.** *Суықтан қорғайтын зат, орауыш; киізден жасалған лыпа.* **3.** *Өсімдікті ыстық-суықтан қорғайтын бүркеніш, жамылғы.* **4.** ауыс. *Қараңғылық, қорқыныш.*

**ЖАМЫЛЫШСЫЗ** сын. *Бүркеуішсіз, жамылғышсыз.*

**ЖАМЫРА=** ет. **1.** *Қозы-лақтың түс-түстан енесін емуге жүгіріп, маңырауы.* **2.** ауыс. *Жапатармағай, бірін-бірі тоспай, бет-бетіне сөйлей жарысу.* **3.** *Жан-жақтан андыздап қаптау, жыпырлау.* **4.** ауыс. *Бет-бетімен шуылдау, даурығысу.* **5.** *Жан-жаққа сәуле шашып жарқырау, нұр беру.* **6.** *Сала-сала болып қатарласа жарысу.* **7.** ауыс. *Шайқалу, тербелу, сусылдау.*

**ЖАМЫРАМА** сын. *Шашыранды, бытыраңқы.*

**ЖАМЫРАНДЫ** сын. *Жамырап шыққан, шашыранды.*

**ЖАМЫРАҢҚЫРА=** ет. *Жапа-тармағай, бет-бетімен сөйлеу, дабыраңқырау.*

**ЖАМЫРАҢҚЫРАС=** ет. *Дабырлаңқырасу, бет-бетіне даурығысыңқырау.*

**ЖАМЫРАҢҚЫРАСУ** *Жамыраңқырас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫРАҢҚЫРАУ** *Жамыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫРАС=** ет. **1.** *Қозы-лақтың енесіне жанасуы, жабысуы, емуге жүгіруі.* **2.** ауыс. *Қатар түзеу, жарысу.* **3.** *Бір-біріне сөз бермей, жан-жақтан шуылдасу.*

**ЖАМЫРАСУ** *Жамырас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозы-лақтың енесіне жабысуы, емуге жүгіруі.* **2.** ауыс. *Жан-жақтан шуылдасу.*

**ЖАМЫРАТ=** ет. **1.** *Бөлек ұсталған төлдерді енесіне ағыту, енесіне жіберу.* **2.** ауыс. *Қас қарайып, жан-жақтан жарқыратып сәуле, от шашу.*

**ЖАМЫРАТУ** *Жамырат етістігінің қимыл атауы; төлді енесіне ағыту.*

**ЖАМЫРАТЫЛ=** ет. *Төлдердің енесіне ағытылуы, көгеннен босатылуы.*

**ЖАМЫРАТЫЛУ** *Жамыратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАМЫРАУ** *Жамыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шулау, даурығу.* **2.** ауыс. *Таңның шапақтана атуы, нұрлану.*

**ЖАМЫРАУЫҚ** сын. *Шулы, қатты ағынды.*

**ЖАН**[1] [ир. جان] зат. **1.** *Адам баласына, жан-жануарларға тіршілік беретін рух, қуат.* **2.** *Адамның ішкі сарайы, рухани әлемі.* **3.** псих. *Адамның ішкі ой-санасы, рухани, сезімдік қасиеттері.* **4.** діни. *Алланың нұрынан пайда болып оның ғана әмірімен адамның тәніне тіршілік бітіретін рух.* **5.** филос. *Философияда тәнге қарама-қарсы қойылып, оған тіршілік бітіретін рухқа қатысты түсінік, негізгі философиялық ұғым.* **6.** экспр. *Қадір-қасиет тұту ретінде, еркелету, жақсы көру мәнінде айтылатын сөз.*

**Жан азабы.** *Қатты қиналыс, жанға батқан дерттің күйзелісі.* **Жан азабын тартты.** *Дертті болды, қатты қиналды.* **Жан азабын шектірген зорлық.** құқық. *Жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік-жігерін жасыту үшін қорқыту, өлтіремін деп қоқан-лоққы жасау жолымен адамның психикасына әсер ету.* **Жан айғайы.** *Жан күйініші, жан сезімі, ішкі күйзеліс.* **Жан ақым.** *Көрді жанынан ойып қазу.* **Жан алды.** а) *Тірі қалдырмады, өлтірді.* ә) *Жер жебіріне жетті, жер қылды.* **Жан алқымға алды.** *Жанды қысты, есті шығарды, састырды.* **Жан алқымға келді.** *Жанын қоярға жер таппады, әбден қысылды, қиналды, басына қиыншылық күн туды, тығыр таянды.* **Жан алқынды.** *Демікті, тынысы тарылды, жан күйіктен азапқа түсті.* **Жан алыс, жан беріс.** бейн. *Қантөгіс, қырғын.* **Жан атты.** бейн. *Бір нәрсені, істі жанымен беріліп істеді, рухтана жасады.* **Жан ауруы.** *Жан азабы.* **Жан ауырды.** а) *Жанға батты, бір нәрсенің, біреудің азабын тартты.* ә) *Көңіліне ауыр алды, ренжіді.* б) *Жаны ашыды, қамын ойлады, аяды.* **Жан ауыртты.** а) *Қатты батырды, азаптады, қиналды.* ә) *Мазалатты, қам-қарекет жегізді, уайымдатты.* б) *Ренжітті, көңіліне ауыр тигізді.* **Жан ашыды.** а) *Біреуді есіркеп-мүсіркеді, аяды, халін түсінді.* ә) *Қамқорлық жасады, қамын жеді.* б) *Намысына тиіп, көңілі шымырлап шарасыздықтан іші қайнады.* **Жан аяды.** *Қауіпке бармады; басын алып қашты.* **Жан аямады.** а) *Іске белсене кірісті, жанын салды, тартынбады.* ә) *Өмірін қиды, жақыны үшін бәріне дайын болды.* **Жан аямай.** *Бар ынта-жігермен, жанын салып.* **Жан [аямас] аяспас.** а) *Қауіп-қатерден қайтпас, ержүрек, батыл.* ә) *Қимас, қадірлес.* б) *Бітіспес, өшпес.* **Жан аяспас дос.** *Жанын беруге дайын дос, достығы мызғымас жан.* **Жан бағу.** *Күн көру, тіршілік ету; ілдалдалау.* **Жан бақты.** а) *Күн көрді, тіршілік етті, ілдалдалады.* ә) *Жанын күтті, күтінді.* б) *Жанын түсінді, ойын аңғарды.* в) *Жанын сақтады, аяншақтанды.* **Жан бала.** *Іштен шыққан, туған перзент.* **Жан бауыр.** а) *Ең жақын, туған (адам).* ә) *Ыстық, жақын.* **Жан бергенше.** *Көз жұмғанша, өле-өлгенше.* **Жан берді.** а) *Жантәсілім етті, өлді.* ә) *Жанын салды, аянбады.* б) *Ант-су ішті, қарғанды.* в) *Өң берді, жайнатты, құлпыртты.* **Жан беру.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетіндегі куәлікке жүрудің ерекше түрі.* **Жан беруші.** этн. *Жазаға ілігіп тұрған адамның ақтығын дәлелдеуге бас байлаушы, дәстүрлі құқықтық мәдениетіміздегі куәлікке жүруші адам.* **Жан берісіп, жан алды.** а) *Қырылысты, қырқысты.* ә) *Жанталасып жарысты, бар күшімен атсалысты.* **Жан бітті.** а) *Жүректен бойға қан тарады, тірілді.* ә) *Әрекетке түсті, іске қосылды.* **Жан бітірді.** а) *Жарқыратты, жайнатты, құлпыртты.* ә) *Қозғалысқа түсірді, тіршілік берді.* **Жанға батты.** а) *Аурудан мазасы кетіп, қатты қиналды, тәні азап тартты.* ә) *Қайғыдан, өкініштен т.б. күйзелді, қиналды.* **Жанға бату.** *Ауыру, қиналу, азаптану.* **Жанға жағымды [жылы] тиді.** *Көңіліне жылы ұшырады, жарасымымен көңіліне орнықты.* **Жанға жайлы.** а) *Көңілге қонымды, жағымды.* ә) *Алаңсыз, қызықты, рақаты мол.* б) *Саялы, тыныш, жым-жырт.* **Жанға қас.** *Зиянды, пайдасыз.* **Жанға сая.** *Көңілге медеу әкелетін жайлы, рақат.* **Жанға шипа [дертке дару].** *Жан мен тәнді аурудан, қиналудан құтқаратын емдік қасиеті бар.* **Жан далбаса.** *Жан ұшыра, бар жаны шыққанша.* **Жан дауысы шықты.** *Құлындаған дауысы шықты, бар күшімен шыңғырды.* **Жан дәрмен.** а) *Жанталасып, арпалыспен, бар жанымен, бойындағы бар күшімен.* ә) *Жан сақтайтын амал-айла, тәсіл.* **Жан дегенде жалғыз.** экспр. *Ең жақын, адал, сенімді, жалғыз.* **Жан [жандай] дос.** *Ең жақын, өмірлік жолдас.* **Жан дүние.** а) псих. *Адамның ой-санасы, ішкі сезім, қозғалысы, ой түйіі.* ә) *Ішкі көңіл толқынысы, бар ішкі сарайы.* **Жанды басшылық.** жерг. *Әсерлі, ықпалды, тиімді басшылық.* **Жанды жеген жегі.** *Әбден қиналтқан, мазаны алып, азапқа салған іштегі күйік, сыр, құса т.б.* **Жан есірік.** *Есуас, ессіз.* **Жан жары.** поэт. *Жан жолдасы, сүйген жары, қосағы.* **Жан жолдас.** көтеріңкі. а) *Жұбай, жар, зайыбы.* ә) *Ең жақын, сыйлас адам.* **Жан жұмбағы.** филос. *Жанның пайда болуы мен тәнде, тәннен тыс күйі туралы беймәлім, жауабы табылмаған діни, философиялық мәселе.* **Жан жүгірді.** *Қуат кірді, күш енді.* **Жан жүйке.** *Нерв жүйесі, жүйке, тамыр.* **Жан жүрек.** поэт. *Шын көңіл, таза сезім.* **Жан жыртылды.** экспр. окказ. *Қиналды, құмартудан не істерін білмеді.* **Жан жіп.** этн. *Біреудің малын айдап әкету, ұрлау үшін баукеспенің үнемі өзімен бірге алып жүретін арқан-жібі.* **Жан игі.** *Бәрінен жан қымбат, басқаның өмірі ардақты, қасиетті, бағалы.* **Жан керек.** сөйл. *Ол да адам, пенде, ол да тіршілік еткісі келеді, өлгісі келмейді деген мағынада.* **Жан [жаны] кетті.** а) *Бойға қан жүрмеді, жүрек соқпады.* ә) *Ауырғаны сезілмеді, ауырмады.* **Жан кешті.** *Жаны шықты, өлді.* **Жан кіргендей.** *Тірілгендей, бойына қан жүгіріп, жан біткендей.* **Жан кірді.** а) *Жан бітті, тірілді, есін жиды.* ә) *Құлпырды, жайнады.* б) *Риза болды, рақаттанды, сүйсінді, айызы қанды.* **Жан қадірін біледі.** *Өзін-өзі күтеді, қастерлейді.* **Жан қайғы.** *Жеке басының амандығы қымбат деген мағынада.* **Жан қинады.** а) *Жанына батырды, азаптады, іштей күйзелтті.* ә) *Бейнет көрсетті, машақатқа, әлекке салды.* **Жан [көңіл] қосысты.** *Сөзі жарасты, екі жас бір-бірін ұнатты, бастары қосылды, үйленді.* **Жан қуды.** жерг. *Жанталасты, аласұрды.* **Жан күйттады.** *Жан бақты, бас пайдасын ойлады, жанын күтті.* **Жан құмары.** *Ынтықтық, көңіл қалауы.* **Жан қысылды.** а) *Жабырқады, көңілі пәс болды.* ә) *Қатты қиналды, тығыр таянған кезге тап болды.* **Жан ләззаты.** *Марқайып, рухани қанағаттанушылық, зейнетіне сүйсінушілік.* **Жаннан безген.** *Қатыгез, қанып езер.* **Жаннан безді.** а) *Өмірден түңілді, соңғы үмітінен айырылып, өлімге дайындалды.* ә) *Жанкешті болды, басын ажалға тікті.* **Жаннан кешті.** а) *Іштей азаптанып, қатты күйзеліс, өкініш құсадан дүние салды.* ә) *Ажалға басын тікті, аянбай өмірін беруге барды.* **Жаннан күдер үзді.** *Ажалға басын тікті.* **Жаннан күсті.** *Барын берді, ақыры ажалдан да қорықпады.* **Жаннан түңілді.** *Үмітін үзді, күдері қалмады.* **Жанның мияты.** *Адамға медеу, сүйеніш-таяныш.* **Жан сақтады.** а) *Өмір сүрді, тіршілік етті.* ә) *Ілдәдаладі, өлместің күнін кешті, күнін көрді, күнелтті.* б) *Қорғаныш етті, пана қылды.* **Жан сақтау.** а) *Күнелту, күнін көру.* ә) *Тіршілік ету, қарекет жасап, өмір сүру.* **Жан салғандай.** *Тірілтіп алғандай, есін жиғызып, еңсесін көтерткендей.* **Жан салды.** *Тірілтіп алды, жан бітірді.* **Жан салмайды.** *Ешкімге алдын бермейді, кезек бермейді.* **Жан сауға.** *Бас амандық.* **Жан сауғалады.** а) *Өйтіп-бүйтіп бас амандығын, жан сақтауды ойлады.* ә) *Жеке бастың мүддесін ойлады, өз басына ғана амандық ойлады, тығылды.* **Жан саялады.** *Бас амандығын қорғады, жан сақтады.* **Жан саясы.** *Жан тыныштығы, рақаты.* **Жан сәуле.** экспр. *Әдетте сүйікті қызына қарата айтылатын еркелету мәніндегі атауыш сөз.* **Жан сезім.** *Көңілдің ішкі толқынысы, ынтықтық.* **Жан серік.** а) *Алғаны, қосағы, жұбайы.* ә) *Сүйеніш, тірек болатын жолдас, айнымас, ажырамас дос.* **Жан созды.** а) *Шыдады, төзді.* ә) жерг. *Бір нәрсеге жетуге жанталасты, тырысты.* **Жан сұлулығы.** *Ішкі сезім дүниесінің тазалығы.* **Жан сүйсінді.** *Көңілі толды, риза болды.* **Жан сыйы.** *Табиғи берілген дарын.* **Жан сырқаты.** *Шипалық, емдік сусын.* **Жан [сөзі] сыры.** *Жүректен шыққан шындық, шын сөз.* **Жан тапсырды.** *Өліп кетті, дүние салды.* **Жан таппырмады.** *Тыным таптырмады, жанын қоймады, дамыл бермеді.* **Жан тартты.** *Жаны ашыды, аяды, жақын тартты.* **Жан тарту.** *Жаны ашу, аялау, жақын тарту.* **Жан тәтті.** *Жан қымбат, өмір керек деген мағынада.* **Жан тебірентті.** а) *Жанға батты, толқытты, егілтті.* ә) *Елжіретті, мейірлендірді.* **Жан тербетті.** *Рақаттандырды, жанына жайлы болды.* **Жан терге түсті.** *Қатты қиналып, қара терге түсті.* **Жан тоймады.** *Құмарта қызығып, көзі тоймады.* **Жан түршікті.** *Зәресі ұшты, қорықты, шошыды.* **Жан түршіктірді.** *Зәресін ұшырды, шошытты.* **Жан тылсымға тақады [таяды].** *Өлерменге жеткізді, әбден қыспаққа алды.* **Жан тыныштығын бұзу.** *Көңілін күпті қылу, күмәндандыру, мазалау.* **Жан тітіркенді.** *Төбе шашы тік тұрды, сескенді, қорықты.* **Жан ұрды.** жерг. *Жанын салды, бар мүмкіншілігін пайдаланды.* **Жан ұшырды.** *Дегбірсізденді, асып-састы, бар пәрменін салды.* **Жан үзді.** а) *Жантәсілім етті, өліп кетті.* ә) *Ынтықты, ұздікті.* **Жан шақырды.** а) *Тамақ ішіп, жылы жерді паналап, бойы жылынды.* ә) *Өзіне-өзі келді, есін жиды, тынысталды, тынықты.* **Жан шошытарлық [шошырлық].** *Жантүршігерлік, қорқынышты.* **Жан шығарар.** жерг. *Мал бауыздайтын пышақ.* **Жан шығарда.** *Қиындықта, жан қысылғанда.* **Жан шыдатпас [шыдатпаған].** *Қайсар, бетіне жан қаратпайтын қаһарлы.* **Жаны [көңілі] аласұрды.** *Жаны жай таппады, байыз таппады.* **Жаны алқымға тірелді [тығылды, таялды].** а) *Ажал тақалды, әлі бітті, әлі құрыды.* ә) *Қиналды, қысылды, азапталды, қыспаққа түсті.* **Жаны аман қалды.** *Тірі қалды, өлім аузынан қалды.* **Жаны асықты.** *Құмарта тіленді, өте құштар болды.* **Жаны ауырды.** а) *Қатты налып, қиналды, дертті болды.* ә) *Қамын жеді, жаны ашыды.* **Жаны ашыды.** *Аяды, есіркеді, мүсіркеді.* **Жаны байыз таппады.** *Тықыршып, шыдамады.* **Жаны бар.** а) *Тірі, аман-есен.* ә) *Намысқор, ұятты.* **Жаның барында.** экспр. бұйыру. *Тез, жылдам.* **Жаны басқа.** *Ерекше, өзгеше.* **Жаны берік.** *Қуатты, мықты.*

**Жаны бір.** *Тату-тәтті, сыйлас, сырлас.* **Жаны дастарқандай жайылды.** *Ақкөңілдікпен жан дүниесін ашып салды, кеңпейілмен, қонақжайлықпен көңілін аулады.* **Жаны еріді.** *Елжіреп сүйсінді, жақсы көрді, ұнатты.* **Жаны жадырады.** *Жайдарыланды, көңілденді.* **Жаны жайланды.** *Рақаттанды, жайбарақаттанды.* **Жаны жай тапты.** а) *Тыным тапты, тынышталды.* ә) *Көңілі орнықты, көңілі тынды.* б) *Рақаттанды, еркін тыныстады.* **Жаны жалғыз.** *Тірліктен, ортадан бөлек, өмірге өгей (адам).* **Жаны жара.** *Қайғылы, қапалы, күйікті.* **Жаны жарға таянды.** *Өлер шағы жақындады.* **Жаны жаһанамға жетті [зырлады, шықты].** *Жаны үзілді, о дүниелік болды.* **Жаны жоқ.** а) *Кеудесінен жаны шыққан, жансыз.* ә) *Ықыласы ерекше, аянары жоқ.* **Жаны жүдеді.** *Уайымдады, қайғырды.* **Жаны зәр түбіне кетті.** *Қатты қорықты, зәресі ұшты.* **Жаны иненің ұшында.** *Тағат таппай, әбігерге түскен, үрейленген күйде.* **Жаны кейіді.** *Бір нәрсеге ренжіді, күйінді, қамықты, жабырқады.* **Жаны кетті.** *Әлсіреді, жансызданды.* **Жаны көзіне көрінді.** а) *Қатты қиналды, қысылды.* ә) *Аурудан азап шекті, жаны шығардай болды.* **Жаны күйді.** а) *Ызаланды, күйінді.* ә) *Налыды зарға толды, сорлады.* б) *Қыспаққа түсті, қыспақ көрді.* **Жаны қалады.** *Жанына жақты, ұнатты.* **Жаны қалды.** *Тірі қалды, өлмеді.* **Жаны [жаны-құты] қалмады.** а) *Зәресі ұшты, қорықты, үрейден есі шықты.* ә) *Асты-үстіне түсті, бөйек болды.* **Жаны қара.** *Қара ниетті, арам.* **Жаны қара бақайына кетті.** *Зәресі ұшты, шошып үрейленді.* **Жаны қас.** *Жек көретін, ұнатпайтын, жақтырмайтын.* **Жаны қасам болды.** *Бар жанын салды, аянбады.* **Жаны қиналды.** а) *Азапқа түсті, қатты аурудан т.б. зардап көрді.* ә) *Бейнеттенді, машақатқа түсті, өмірдің азабын тартты.* **Жаны [жан] құмар [құштар].** а) *Ынтық, ынтызар.* ә) *Сүйікті, қадірлі, қымбатты.* **Жаны құрбан.** *Жанын аямайды, неге болса да дайын.* **Жаны құрыды.** жерг. *Зәресі ұшты, қорықты.* **Жаны қыдырды.** жерг. *Жаны шықты, не істерін білмеді.* **Жанымен берілді.** *Шын ықыласымен, бар ынтасымен істеді.* **Жаным садаға [пида].** *Бір іске, біреуге жанымды берем, өмірімді қиямын, құрбаны боламын деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Жаны мұрнының ұшына келді [тақалды].** а) *Өзін қоярға жер таппады, қатты састы, қысылды.* ә) *Қатты қорықты, зәре-құты қашты, үрейі ұшты.* **Жаны мұрнының ұшында.** а) *Жанталасуда, қорыққан, қысылған күйде, үрей үстінде.* ә) *Зәресі қалмады, шошыды.* **Жанына байлады.** *Өмірін бірге өткізді.* **Жанына байланды.** *Жанына барды, қасынан кетпеді.* **Жанына балады.** а) *Ардақтады, құрмет тұтты.* ә) *Жақын тұтты, өзіне жақын санады.* **Жанына батты.** *Көңіліне қаяу түсті, қатты қиналды.* **Жанына батырды.** *Көңіліне қарамай тигізе айтты, қатты сөкті.* **Жанына жақты.** *Тәуір көрді, ұнатты.* **Жанына жара салды.** *Қайғы-қасірет тартқызды, уайымға түсірді.* **Жанына зор келді.** *Ауыртпалық түсті, күш келді.* **Жанын алды.** а) *Жоқ қылды, өлтірді.* ә) *Жеделдетіп, састырды, тықсырды, бол-болдың астынан алды.* **Жанынан дәмесі болса.** *Өмір сүргісі келсе, жан керек болса.* **Жанынан қорықты.** а) *Тірі қалмайды, өледі деп састы, шошыды.* ә) жағымсыз. *Жанын сақтауды ғана ойлады, жеке басының амандығы үшін әуре болды.* **Жанынан түңілді.** *Дүниеден безді, күдерін үзді.* **Жанынан түңілісті.** *Бәрін бірдей үрей биледі.* **Жанынан шықпады.** *Алыстап кетпеді, ұзамады.* **Жанына тиеді.** *Келемеж қылды, жынын келтірді, намыстандырды.* **Жанын аямады.** *Жанын пида қылды, бар күшін салды.* **Жанын берді.** а) *Аянбай, жанын құрбан етті.* ә) *Ант ішті, қарғанып-сіленді.* **Жанын дастарқандай жайды.** *Ақкөңілмен, сеніммен бар сырын ашты.* **Жанын [жағасына келтірді] жағасынан алды.** *Жан алқымға алды, әуреге салып қыстады.* **Жанын жадыратты.** *Жайдарыландырды, көңілдендірді.* **Жанын жақты.** жерг. *Ыза қылды, күйдірді.* **Жанын жалғау.** *Күн көру, пайда түсіру.* **Жанын жалдады.** а) жағымсыз. *Жанын бергенсіп алдап-арбады, құлыққа салды.* ә) жағымды. *Аянбай құлшына, жан-тәнін салып істеді.* **Жанын жалдау.** *Жанын бергенсіп алдап-арбау, құлыққа бару.* **Жанын жанышты.** *Үлкен ауыртпалық көрсетті, қатты күйзелтті.* **Жанын [жебірдей] жегідей жеді.** *Жанға батты, қайғыртты, мазасын алды, уайымдатты.* **Жанын жеді.** а) *Өзін-өзі азапқа салды.* ә) *Жанына батты, азап тартқызды, қиналтты.* б) *Қайғыдан, құсадан т.б. ішкі күйзелістен мазасы кетті, уайымға түсті.* **Жанын жұбатты.** *Алданыш етті, уатты.* **Жанын кернеді.** *Ішіне сыймай кетті.* **Жанын көзіне көрсетті.** *Әбден қинады, азапқа түсірді.* **Жанын күйдірді.** *Шымбайына, намысына тиіп, ызаландырды.* **Жанын күтті.** а) *Баппен жүрді, күтінді.* ә) *Өзін аяды, бар күшін салмады, жанын бақты.* **Жанын қарманды.** *Әрекеттенді, талаптанды.* **Жанын қатерге тікті.** *Ажал аузында жүрді, басын өлімге байлады.* **Жанын қиды.** а) *Құрбан болды, жанын пида қылды.* ә) *Жанын салды, шын көңілмен істеді, аянбады.* **Жанын қоймады.** *Қыр соңынан қалмады, қояр да қоймады.* **Жанын қорғады.** *Жан бақты, басын сақтады.* **Жанын қорғау.** *Басын аман сақтау, өлмеуді ойлау.* **Жанын қоярға жер таппады.** а) *Арпалысты, тынышсызданды, безек қақты.* ә) *Мазасызданды, уайымдады, дегбірсізденді.* **Жанын қоярға жер таптырмады.** *Дегбірін қашырды, әбден мазасын алды.* **Жанын құрбан қылды [етті].** *Өлімге басын байлады, жан қиды, жанын қыстады.* *Азапқа салды, қинады.* **Жанын ортаға салды.** *Қиындыққа төзуге, бас байлауға, тәуекел қылды.* **Жанын отқа салды.** *Жанын пида қылды, өлімнен қорықпады.* **Жанын [басын] өлімге байлады.** *Басын қауіпке тікті.* **Жанын пида қылды.** а) *Жанын аямады, ажалға бас тікті, өзін құрбан етті.* ә) *Бар ынтасын салды, аянбады.* **Жанын [бар жанын] салды.** а) жағымды. *Бар ынтасымен, ықыласымен істеді, аянбады.* ә) жағымсыз. *Құмарланып, құнықты, бәрін ұмытып елікті.* **Жанын сатты.** *Ар-ұжданын, абырой-иманын салды, пұлдады.* **Жанын сықты.** *Қыспаққа алды, қысты.* **Жанын тәрік етті.** *Жанын қиды.* **Жанын тындырды.** *Қолғабыс қылып дем алдырды, көмектесті.* **Жанын тікті.** *Тәуекел қылды, қиындыққа бел байлады.* **Жанын ұрды.** *Жанына батты, қайғырды.* **Жанын шүберекке түйді.** а) *Өлімге бас байлады, тәуекелге бел буды.* ә) *Зәресі ұшып шошығанын, үрейленгенін білдірмеді, сездірмеуге тырысып бақты.* **Жанын шығарды.** а) *Жаншыды, қатты ауыртты.* ә) *Екі аяғын бір етікке тықты, қысты.* **Жаныңа жамандық бермесін!** тілек. *Қаза-жазадан сақтасын; кесір-кесапаттың бетін аулақ қылсын (риза болғанда, көңілі толғанда айтылатын тілек).* **Жаныңа не керек?** а) *Не мұқтажың бар, нең жетіспейді?* ә) *Жоқ емес зат жоқ, барлығы бар.* **Жаның барда.** *Тез, дереу, шапшаң.* **Жаны өртенді.** *Жанына батты, қатты қайғырды, күйінді.* **Жаны сая [рақат] тапты.** *Жаны жай тапты, көңілі тынды, риза болды.* **Жаны сәуір.** поэт. *Мейірімді, жан-жағына жылуын төккен.* **Жаны сүйді.** *Жақсы көрді, ұнатты.* **Жаны сірі [темір].** *Шыдамды, мықты, төзімді.* **Жаны тәтті.** а) жағымсыз. *Жеке басын, өз жанын ойлап қалған, жанынан ары садаға (адам).* ә) мысқыл. *Кім өмір сүргісі келмейді, өмір қымбат, күн көру керек деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Жаны тойды.** *Қанағат қылды, тояттанды.* **Жаны төзбеді.** *Жақтырмады, ұнатпады.* **Жаны тынды.** *Демі бітті, тынышталды.* **Жаны тыншықты.** *Жаны тыным тапты, жайланды.* **Жаны тыныштық көрмеді.** *Жаны жайланбады, мазасызданды, көңілі орын таппады.* **Жаны ұстараның жүзінде [ұшында] тұр.** *Жаны ажал аузында болды.* **Жаны үзілді.** *Дүние салды, жантәсілім етті.* **Жаны үйір.** *Тым әуес, өте құмар.* **Жаны үлкен.** *Үлкен жүректі, ақыл-парасаты мол.* **Жаны шошыды.** а) *Қорықты, именді, мойындады.* ә) *Зәресі ұшты, тітіркенді, түңілді.* **Жаны шығып кете жаздады.** *Қатты састы, қорықты, зәресі ұшты.* **Жаны шығып кетті.** *Шыдай алмады, төзбеді.* **Жаны шыдамады.** *Көнбеді, төзбеді.* **Жаны шықсын.** экспр. а) жақтырмау. *Өлмесе өме қапсын, өзіне де сол керек деген мағынадағы сөзқолданыс.* ә) *Айтқаны өтірік емес деп ант-су ішкенде айтылатын сөзқолданыс.* **Жаны шықты.** а) *Демі таусылды, өлді.* ә) *Шамына тиді, күйгелектеніп ашуланды.* б) *Бар күшін салды.* **Жаны ізгі.** *Жақсылық ойлағыш, қайырылғыш.*

**ЖАН**[2] [ир. جان] зат. **1.** кіт. *Еңбек үдерісінде құрал-сайман өндіретін күш иесі ретіндегі адам.* **2.** *Адам, кісі.* **3.** *Бірде-бір адам, ешкім.*

**Жан баласы.** *Ешкім, ешбіреу.* **Жан басына.** *Әр адамға, адам басына.* **Жан басына өнім өндіру.** экон. *Елдің өндіргіш күштерінің даму дәрежесін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштің бірі.* **Жан беттетпеді.** *Айбарымен, ызғарымен кісіні бетіне қаратпады, бетінен алды.* **Жан біткен.** а) *Еш адам, ешкім.* ә) *Адам атаулы, барлық адам, түгел, тегіс, бірі қалмай.* **Жанды жан демеді.** *Көзіне ілмей баса көктеді, ешкімді менсінбеді.* **Жан иесі.** *Тіршілік ететін жан-жануар, тірі жан, пенде.* **Жан [деп қарамады] құрлы көрмеді.** *Көзіне ілмеді, адам деп есептемеді, ескермеді.* **Жаннан асқан.** *Басқа адамдардан ерекше, өзгеше.* **Жан салығы.** тар. *Ресейде I Петр түтін салығы орнына енгізген негізгі салық.*

**ЖАН=** ет. **1.** *От алып жалындау, қызулана тұтану.* **2.** физ. *Энергия бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасу процесінің жүруі.* **3.** *Жарық беру, сәуле шашу, жарықтандыру.* **4.** ауыс. *Жайнау, құлпыру, жарқырау.* **5.** ауыс. *Өсіп-жетілу, адам болу.* **6.** ауыс. *Қайғыру, күйзелу, күйіну.* **7.** ауыс. поэт. *Ұшқынына, қуатына шыдамау, бір нәрсенің күшті әсеріне түсіп кету.*

**Жанар қазбалар.** кен. *Жанғыш заттар ретінде пайдаланылатын жер қойнауынан алынған мұнай, көмір, табиғи газ сияқты заттар.* **Жанатын тақтатастар.** геол. *Су қоймаларының түбінде мақтаға ұқсас серне түрінде шөгіп, минерал заттармен араласатын каустобиолиттер тобындағы пайдалы қазбалар.* **Жанбай жатып сөнді [шоқ болды].** а) *Жастайынан өмірдің жақсы-жаманын айыра білмеді, талабы орындалмай, тауы шағылды.* ә) *Қыршын кетті, жастай қайтыс болды.* **Жанған оттай.** *Алыстан көзге түсіп, сәуле шашып, бағдар көрсетіп тұратын айқын белгідей.* **Жанған шоқтай жайнады.** *Жайдарыланып, құлпырды, жылы пейілінен айнымады.* **Жанып кетті [түсті].** *Қанаттана түсті, шабыт алды, құлшына түсті.* **Жанып тұр.** *Күн қайнап, күйіп ыстық болып тұр.* **Жұлдызы жанды.** *Бақ қонды, жақсылыққа жетті.* **Жүзі жанбады.** *Бедірейіп тұрып алды, қымсынбады, ұялмады.* **Жүрегі жанды.** *Қызуланды, күйіп-жанды, көңілі сезімге толды.*

**ЖАНА** зат. **1.** *Сегіз жасар бүркіт.* **2.** ауыс. *Ең әулиесі, ардақтысы.*

**ЖАНА=** ет. **1.** *Жақын келу, маңайлай түсу.* **2.** ауыс. *Жақын араласу, өзіне тарту.*

**Жанап кетті [өтті].** а) *Жақындады, денесінің бір тұсына тигізіп өтті, жуысты.* ә) *Жанына жақын, көңілге қонымды ісімен өзіне баурады, тартты.*

**ЖАНАБ** сын. көне. *Шәкірт, ізін жалғастырушы деген мағынада.*

**ЖАНАБ** ар. зат. ескікіт. *Құзыры (на), аты (на).*

**ЖАНАЗА** [ар. جنازه] зат. **1.** діни. *Мұсылмандардың қайтыс болған адамға оқитын намазы.* **2.** этн. діни. *Қайтыс болған мұсылманға оқылатын намазбен байланысты өлген адамды соңғы сапарға аттандыру рәсімі, жерлеу.*

**Жаназаға мал шығарды**. этн. *Қайтыс болған мұсылман адамға оқылатын намазбен байланысты жерлеу ғұрпын атқаруға қажетті шығын, мал-мүлік бөлді.* **Жаназаға шақырды**. этн. діни. *Байырғы қазақ салты бойынша мұсылман адамды жерлеу алдында оған арнап оқылатын намаз рәсіміне қатысуға марқұмның алыс-жақын ағайынын, сыйлас-аралас, дос-жаранын арнайы шақырды.* **Жаназадан несібе тиді**. діни. *Қайтыс болған мұсылман адамға оқыған намазы үшін кәде-пұл алды.* **Жаназа күйі**. *Еуропа немесе Батыс елдерінің бойынша марқұмды соңғы сапарға шығарып салғанда орындалатын қаралы марш, музыкалық шығарма.* **Жаназа намазы.** діни. *Мұсылман діні бойынша қайтыс болған адамға арнап оқитын намаздың атауы.* **Жаназа оқыды.** діни. *Қайтыс болған мұсылман адамға арнап марқұмды жерлеу алдында намаз оқыды.* **Жаназа шығарды.** діни. *Мұсылман діні бойынша өліктің денесін жуып, кебінге ораганнан кейін марқұмға арнап намаз, Құран сүрелерін оқыды.* **Жаназа шығару.** діни. *Мұсылман діні бойынша марқұмға арнап жерлеу алдында намаз оқу.*

**ЖАНАЗАЛА=** ет. **1.** діни. *Жаназасын шығару.* **2.** этн. *Қайтыс болған адамды арулау, соңғы сапарға шығарып салу.*

**ЖАНАЗАЛАУ** *Жаназала етістігінің қимыл атауы; жаназасын шығару.*

**ЖАНАЗАЛЫ** сын. *Жаназа шығарылған, жаназа оқылған.*

**ЖАНАЗАСЫЗ** сын. *Жаназасы оқылмаған, жаназа намазынсыз.*

**ЖАНАЗАШЫ** зат. **1.** діни. *Жаназа намазын оқушы адам.* **2.** этн. *Жаназа намазын оқу рәсіміне шақырылған жұрт, өлікті жерлеуге марқұмға көңіл айтып келгендер.*

**ЖАНАЙҚАЙ** зат. *Ішкі ой-толғанысының көп уақыт бойғы ізденіс-күйзелісінің көрінісі, ағынан жарылғандағы шын сөзі.*

**ЖАНАЙЛА=** ет. сөйл. *Жуықтау, жақындау.*

**ЖАНАЙЛАУ** *Жанайла етістігінің қимыл атауы; жақындай жүру.*

**ЖАНАЙЛАС=** ет. *Маңайласу, жақындап келісу.*

**ЖАНАЙЛАСУ** *Жанайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАЛАР** зат. *Жаналғыш, өлтіруші. // Қанішер, жауыз адам.*

**ЖАНАЛҒЫШ** зат. *Жан алушы, әзірейіл, өлтіруші.*

**ЖАНАЛҚЫМ: жаналқымға алды.** а) *Мұршасын келтірмеді, бұрылтқызбады, тықсырды.* ә) *Қыспаққа алды, қысым көрсетті, зорлады.*

**Жаналқымға келді.** *Қысылтаяң, қауіп-қатерге ұшырады.* **Жаналқымға тақалды [таянды, таялды].** а) *Өлім халіне жетті, өлермен болды.* ә) *Өлердей қиналды, қатты қиналып кетті.* **Жаналқымға тығылғандай**. *Ажалы тақалғандай, өлімі жеткендей.* **Жаналқымға тығылды.** а) *Ажал тақалды, әлі құрыды.* ә) *Қысылды, қиналды, қыспаққа түсті.* **Жаналқымға тірелді.** *Қыспаққа түсті, қысылтаяңға кездесті.*

**ЖАНАЛҚЫМДА** үст. *Қысылтаяңда, асығыста.*

**ЖАНАЛУШЫ** зат. діни. *Әзірейіл, жаналғыш деген мағынада.*

**ЖАНАМА**[1] зат. геом. *Қисық сызық қиюшысының шектік жағдайы.*

**Жанама вотум.** саяси. *Сайлаудың нәтижелерін пропорционалды жүйеде дауыс беруге сәйкес анықтайтын тәртіп.* **Жанама жазықтық.** геом. *S бетінің M нүктесі арқылы өткенде, сол S бетінің айнымалы M нүктесіне дейінгі арақашықтығы M M арақашықтығымен (M – M) салыстырғанда шексіз аз шама болатын жазықтық.* **Жанама жүргізу.** мат. *Математикада есепті шешудің геометриялық әдістерінің көнеден белгілі түрі.*

**ЖАНАМА**[2] зат. сөйл. *Қоспа, өтірік.*

**ЖАНАМА**[3] сын. *Қосымша, қосалқы, үстеме.*

**Жанама арық.** жерг. *Егін ішіне су жіберетін кішкене арық.* **Жанама ат.** этн. жерг. *Қыздың туыстарына негізгі қалың малдан бөлек берілетін мал.* **Жанама дәлелдеме.** заң. *Қылмыстық құқықта – белгілі бір тұжырымды басқа бір тұжырымды жоққа шығару арқылы дәлелдеп, оның дұрыстығын дедукциялық әдіспен логикалық негіздеу тәсілі.* **Жанама жақсы**. этн. *Қазақ дәстүрінде қалыңмал құрамында берілетін жақсы ат не түйе.* **Жанама импорт**. экон. *Қайсыбір жинақталушы заттар немесе елге әкелінген мәшинелер мен жабдықтарда пайдаланылған жартылай дайын заттар импорты.* **Жанама кернеу**. тех. *Тұтқыр ортада ішкі үйкеліс күші әсерінен туатын көрсеткіш.* **Жанама күштер**. физ. *Тұтқыр сұйықтықтың қозғалуына байланысты оның айнала бөлшектерінің және олардың бір-біріне беттескен өзгеруінен пайда болатын үйкеліс күші.* **Жанама меню**. инф. <ағыл. context – sensitive menu> *Белгілі бір объектіге қатысты орындалатын командалар тізімі бір меню.* **Жанама өнім.** экон. *Кәсіпорын қызметі мақсаты болып табылмайтын өнімнің барлық түрлері.* **Жанама тайлақ**. этн. жерг. *Жанама жақсы.* **Жанама шығын.** экон. *Өнімнің барлық номенклатурасын өндіруге байланысты жұмсалған және әдетте, пайыздық арасалмақта бөлу арқылы өзіндік құнға енгізілетін шығыстар.*

**ЖАНАМАЙЛА=** ет. *Айналсоқтау, төңіректеу.*

**ЖАНАМАЙЛАУ** *Жанамайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАМАЛА=** ет. **1.** *Жанаса жүру, қатарласу.* **2.** *Жақаурату, жағалап төңіректеу, шамалау, тұспалдау.* **3.** *Қосақталу, қосарлану, ұстелу.*

**ЖАНАМАЛАУ** *Жанамала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАМАЛАС=** ет. *Жақындай келісу, қатарласа түсу.*

**ЖАНАМАЛАСУ** *Жанамалас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАМАЛАТ=** ет. *Жанастыра ұстау, жапсарлата қою.*

**ЖАНАМАЛАТУ** *Жанамалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАМАТАМЫР** зат. бот. *Кіндік тамырдан өсетін тамырлар.*

**ЖАНАП** зат. **1.** *Төңірек, аймақ, маңай.* **2.** *Айнала, орта.* **3.** *Әсер, ықпал, ықтияр.* **4.** жерг. *Жақын, жамағайын, туыс.*

**ЖАНАПАЙЛА=** ет. **1.** сөйл. ***Жанамайла.*** **2.** *Қосақталу, қосарлану.*

**ЖАНАПАЙЛАУ** *Жанапайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАР** зат. **1.** *Көздің нұры, қарашық.* **2.** поэт. *Көз.*

**Жанардың [көздің] жауын алды.** *Алыстан көзге түсіп, тартып, қызықтыру.* **Жанары кетті [қайтты, сөнді, тайды].** *Көзінің нұры тайды, қартайып көруі нашарлады.* **Жанарымен аймалады**. поэт. *Көзімен, көзқарасымен ынтықтығын, ыстық сезімін білдірді.* **Жанарына мұң толды**. поэт. *Мұңайғаны, іштегі қайғысы көздерінен, көзқарасынан білінді.* **Жанарынан [жанарында мейірім тұнды] мейірімі өшпеді**. поэт. *Жан жүрегіндегі мейірімі көзінде жүзінде көрініп тұрды.* **Жанарын тікті.** *Көз салды, қадалды.*

**ЖАНАРГҮЛ** зат. өс. <лат. adonis> *Гүлдері сары түсті сарғалдақтар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптердің бір туысы.*

**ЖАНАРҒЫ** зат. *Газ тектес не сұйық отынның ауамен немесе оттекпен қоспасын түзіп, оны жағуға арналған қондырғы.*

**ЖАНАРДАЙ** сын. поэт. *Жанар тәрізді, көздің нұрындай, өткір көздей.*

**ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ** зат. тех. кен. *Жанатын минералды сұйық зат.*

**Жанар-жағармай бекеттері.** тех. *Жанатын минералды сұйық заттар құюға арналып жабдықталған бекеттер.*

**ЖАНАРЛА=** ет. сөйл. *Жағалау, жиектеу.*

**ЖАНАРЛАУ** *Жанарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАРЛАН=** ет. *Көз нұрының жайнауы, өткірленуі.*

**ЖАНАРЛАНУ** *Жанарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАРЛЫ** сын. **1.** *Жанары, қарасы мол, өткір, нұрлы (көз).* **2.** ауыс. поэт. *Жылуы мол, сәулелі, нұрлы (күн).*

**ЖАНАРМАЙ** зат. хим. <франц. benzine> *Әртүрлі көмірсутек қоспаларынан тұратын сұйық отын.*

**Жанармай бағаны**. тех. *Автокөлік, трактор, мотоцикл т.б. мәшинелерге жанармай құюға арналған сорғы, қондырғы.* **Жанармай қоры.** тех. а) *Отынға (жанармайға) қажеттілікті және онымен қамтамасыз етуді есептеудің есептік-жабдықтау бірлігі.* ә) *Автомобиль, ұшақ, танк, басқа да әскери техникалар мен кеме цистерналарын отынмен (жанармаймен) толтыру үдерісі.* **Жанармай құюшы ұшақ**. әск. *Әуедегі әскери ұшақтарды отынмен жабдықтауға арналған ұшақ.* **Жанармай стансасы**. тех. *Көліктерге сұйық отын құюға арналып жабдықталған бекеттер.*

**ЖАНАРСЫЗ** сын. *Жанары жоқ, отсыз, нұрсыз.*

**ЖАНАРСЫЗДАУ** сын. *Жанары жоқтау, отсыздау.*

**ЖАНАРТАС** зат. хим. *Қараңғыда сәуле шашып тұратын химиялық элемент, фосфор.*

**ЖАНАРТАУ** зат. **1.** геогр. <лат. vulcanus> *Жер қабатының тереңдегі жарылымдары мен жарықтарынан жер бетіне шығатын балқыған тау жыныстары мен ыстық газдардың геологиялық құрамалары.* **2.** поэт. *Жалынды жан, өр тұлға.* **3.** ауыс. поэт. *Тынымсыз, дамыл тапқызбайтын іштегі күш, мазасыз ізденіске итеретін шабыт.*

**Жанартау агломераты**. геол. *Құрамында айтарлықтай бөгде қоспасы жоқ, өлшемі бойынша іріктелмеген қопсық және сумен өңделмеген ірі пирокласт материалдың ретсіз жиынтығы.* **Жанартау аппараты.** геол. *Жер қойнауларында қалыптасқан түпкі немесе қосалқы магма ошағы мен жер бетін жалғастыратын, жанартау әрекеті кезінде магма ағымының тік бағытта лықси көтерілуін қамтамасыз ететін жарықтар жүйесі.* **Жанартау арнасы**. геол. *Жанартау ошағын жер бетімен жалғастыратын тік немесе еңіс арна.* **Жанартау атқылауы.** геогр. *Өте қатты ыстық кесектердің, сұйық лаваның жер бетінен көрініс беру үдерісі.* **Жанартау атпалары.** геогр. *Жанартау атқылауы кезінде сұйық не илемді күйде алып шығып, домалақ, ұршық пішіндес қатайып суынған жанартау бөлшектері.* **Жанартау әрекетінің фазалары**. геол. *Аз-кем толастағаннан кейін қайтадан басталып отыратын жанартау әрекеттерінің өзіндік сипаты тұрғысынан бір-бірінен анық ерекшеленген басты-басты сатылары.* **Жанартау газдары**. геол. *Жанартаулар әрекеті кезінде*

*бөлініп шығатын газдардың жалпылама атауы.* **Жанартау конусы**. геол. *Жанартау көмейі төңірегінде сол жанартау өнімдері есебінен қалыптасатын қиық конус пішіндес құрылым.* **Жанартау күмбезі**. геол. *Жақтаулары біршама тік құлама биіктігі бірнеше метрден 700-800 м-ге шейін жететін, жанартау көмейінен сығыла көтерілген өте тұтқыр лавалар есебінен қалыптасқан мұнара пішіндес экструзиялық дене.* **Жанартау қайнары**. геол. *Жанартау әрекеті болған орын екендігі әртүрлі геологиялық түзілімдер және құрылымдық пішіндер болмысымен қалтқысыз дәлелденетін жер бетінің нақтылы нүктесі.* **Жанартау қождары.** гегор. *Жартаудың қопарлысы кезінде аспанға атылып, әуе қабатында қатайып үлгеретін кезекті лава қалдықтары.* **Жанартау ошағы**. геол. *Жанартауы магмамен ұдайы қоректендіріп отыратын жер беті мен жанартау өңеші, не лықсу құбыры арқылы байланысатын қойнаулар өңіріндегі магма шоғыры.* **Жанартау туфы**. геол. *Жанартау әрекетінің қатты заттардан тұратын өнімдерінен олардың бір-бірімен дәнекерлене жымдасуы нәтижесінде қалыптасатын барша таужыныстардың жалпылама атауы.* **Жанартау шынысы.** геогр. *Жанартау лавасының жер бетінде тез суып, кристалданбай қатаюынан пайда болатын тау жынысы.*

**ЖАНАРТАУЛЫ: жанартаулы аралдық доға.** геогр. *Бір-біріне тізбектеле жалғасқан, сырт көрнісі иілген доғаға ұқсас жер қыртысының ірі геологиялық құрылымы.*

**ЖАНАРТАУЛЫҚ** сын. *Жанартауға қатысты, соған тән.*

**Жанартаулық көл.** сушар. *Сөнген жанартаудың өңешінде, қатқан лаваның ойыстарында орналасқан көл.* **Жанартаулық тау жыныстары.** геогр. *Жанартау атқылауынан пайда болған тау жыныстары, вулканиттер.* **Жанартаулық ұйық.** геогр. *Терең сулық теңіз шөгіндісі.*

**ЖАНАРТАУТАНУ** зат. геогр. *Жанартаудың пішінін, тегін, жер бетінде орналасу ерекшеліктерін зерттейтін геологиялық ғылым саласы.*

**ЖАНАРТАУТЕКТІ: жанартаутекті шөгінді жыныстар.** геогр. *Жанартаулық және шөгінді материалдардан тұратын тау жыныстары.*

**Жанартаутекті шөгінді кендер.** геогр. *Геосинклиналдық және платформалық аймақтардағы теңіздердің түбінде жанартаутекті шөгінді жыныстардың шөгуінен түзілген кендер.*

**ЖАНАС=** ет. **1.** *Жақын келу, маңайлай түсу, қатарласу.* **2.** ауыс. *Жақын жүру, жанамалау, төңіректеу.* **3.** *Іш тарту, қамқор болу, аялау.*

**Жанаса сезу мүшесі**. *Қоршаған орта әсерлерін қабылдайтын тері сезімі.* **Жанасып қойды.** жерг. *Төлдерін тартып сауатын малдардың мезгілсіз енесін еміп қоюы.*

**ЖАНАСАЛА=** ет. **1.** *Жанамалау, қатарласу.* **2.** *Қабаттасу.*

**ЖАНАСАЛАУ** *Жанасала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАСАРЛЫҚ** сын. *Жуысарлық, үйренерлік, ден қоярлық.*

**ЖАНАСҚЫ** зат. түйешар. *Байлаулы ботасының алдына барып, сауғызбай емізіп қоятын түйе.*

**ЖАНАСҚЫШ** сын. *Жұғымды, үйірсек.*

**ЖАНАСПАЛЫ: жанаспалы клетка.** биол. *Көршілес жатқан бүйрек пішінді екі жасушадан пайда болған жасуша.*

**ЖАНАСТА=** ет. *Жанамаласып шабу, жуықтасып жүру.*

**ЖАНАСТАУ** *Жанаста етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАСТЫР=** ет. **1**. *Төлді енесіне мезгілсіз емізіріп алу.* **2.** *Жақындату, қатар қою.* **3**. *Жуыту, қатарластыру.* **4.** ауыс. *Сөзді жанамалап, тигізіп айту.*

**Жақсылыққа жанастырды.** *Барлық нәрсені тек жақсылыққа, сәттілікке ырымдады, баладды, тек жақсы күн туралы ғана ойлады.*

**ЖАНАСТЫРУ** *Жанастыр етістігінің қимыл атауы; жанамалау, салыстыру, қисындыру.*

**ЖАНАСТЫРЫЛ=** ет. *Қатарластырыла салыну, жақындастырылу.*

**ЖАНАСТЫРЫЛУ** *Жанастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАСУ** *Жанас етістігінің қимыл атауы; жақындасу, жуықтасу.*

**Жанасу керіші**. геол. *Сынықтардың бір-біріне ең жақындасқан не жанасқан жерінде ғана болатын аралары қуыс керіш.*

**ЖАНАСЫМ: жанасымы жоқ.** *Үйлесімі жоқ, қисынсыз.*

**ЖАНАСЫМДЫ** сын. *Лайықты, ыңғайлы.*

**ЖАНАСЫМДЫЛЫҚ** зат. *Қонымдылық, шындыққа жақындық, сәйкестік.*

**ЖАНАСЫМДЫРАҚ** сын. *Лайығырақ, ыңғайлырақ.*

**ЖАНАСЫМПАЗ** сын. *Жақын жүргіш, үйір.*

**ЖАНАСЫМСЫЗ** сын. **1.** *Лайықсыз, жарамсыз, қажетсіз.* **2.** *Жанасымы жоқ, жұғымсыз.* **3**. *Қисынсыз, шындыққа келмейтін.*

**ЖАНАСЫҢҚЫРА=** ет. *Жақындаңқырау, тақаңқырау, жуықтаңқырау.*

**ЖАНАСЫҢҚЫРАУ** *Жанасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАТ**[1] зат. зоол. <лат. procyon> *Жанат тәрізділер тұқымдасына жататын, жұмсақ жүндес, терісі өте қымбат бағалы аң; жыртқыш отряды.*

**Жанат бөрік.** *Жанат терісінен тігілген баскиім.* **Жанат тәрізді ит.** зоол. <лат. nyctereutes procyonoides> *Ит тұқымдасына жататын жыртқыш аң.* **Жанат тұқымдасы.** зоол. <лат. procyonidae> *Сүтқоректілер тобына жататын жыртқыш аңдар.*

**ЖАНАТ**[2] сын. *Жанат терісінен тігілген, қымбат, бағалы.*

**ЖАНАТТА=** ет. сөйл. *Жанат терісінен тігу, жанат терісін салу.*

**ЖАНАТТАУ** *Жанатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАТТАЙ** сын. *Жанат тәрізді жайнаған, құлпырған.*

**ЖАНАТТАЙЫН** сын. поэт. ***Жанаттай.***

**ЖАНАТТАН=** ет. *Жалт-жұлт ету, жалтылдау, құлпыру.*

**ЖАНАТТАНУ** *Жанаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАТТЫ** сын. *Жайнаған, құлпырған.*

**ЖАНАУ**[1] зат. сөйл. ***Жиек.***

**ЖАНАУ**[2] *Жана етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАУЫЗ** зат. *Өгіздің мойнын қамыт пен жармаға бекітіп тұратын ағаш.*

**ЖАНАШЫР** зат. **1.** *Ет жақын, туғантуыс.* **2.** *Жан күйер, қолдаушы, жақтаушы.*

**Жанашыр сөз [ниет, тілек].** *Қамқорлықпен айтылған ниет, адал көңіл.*

**ЖАНАШЫРЛЫҚ** зат. *Ниеттестік, тілектестік.*

**ЖАНАШЫРСУ** *Жанашырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНАШЫРСЫ=** ет. *Ниеттес, тілектес болғансу.*

**ЖАНБАҒЫС** зат. *Күнкөріс, өлместің қарекеті.*

**ЖАНБАҚТЫ** сын. *Жалқау, жатыпішер.*

**ЖАНБОЗ** зат. **1.** сөйл. ***Жампоз***. **2.** ауыс. *Ардақты, қадірлі, аяулы адам.*

**ЖАНҒАШ** сын. ***Жанкешті.***

**ЖАНҒЫЗ=** ет. *Тұтату, жандыру.*

**ЖАНҒЫШ** сын. *Тез тұтанғыш, от алғыш.*

**Жанғыш газдар.** хим. *Жануға бейім газ тәрізді заттар.* **Жанғыш қазбалардың күлділігі**. геол. *Жанғыш қазбалардың жаққаннан кейінгі қалатын күл мөлшері тұрғысынан анықталған жалпылама сипаты.* **Жанғыш құрамдар.** хим. *Жанғанда жоғары температура беретін химиялық қосылыстар мен қоспалар, кейбір жай заттар.* **Жанғыш масса**. геол. *Жанғыш қазбаларды талдау практикасында эксперименттік деректерді есептеу үшін органикалық массаның (органикалық заттың) эквиваленті ретінде қабылданған түсінік.* **Жанғыш тақтатас.** геол. *Органикалық және минералдық заттардан тұратын жұқа қабатты шөгінді тау жынысы.*

**ЖАНҒЫШТЫҚ** зат. *Материалдың (заттың, қоспаның, құрылымның) ауа қалыпты құрамда болатын ортада өз бетімен жануға қабілеттілігі.*

**ЖАНДА=** ет. көне. *Жанамалау, жиектеу.*

**ЖАНДАЙ**[1] сын. *Жан тәрізді, жанға ұқсас.*

**ЖАНДАЙ**[2] сын. *Кісідей, адам сияқты.*

**ЖАНДАЙШАП** зат. *Біреудің сөзін сөйлеп, сойылын соғушы.*

**ЖАНДАЙШАПТА=** ет. *Жанамалап жақын жүру, қатарласу.*

**ЖАНДАЙШАПТАУ** *Жандайшапта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНДАМА: жандама мүше.** этн. *Жанама, үстеме мүше.*

**ЖАНДАМАЙЛА=** ет. сөйл. ***Жанамалау.***

**ЖАНДАМАЙЛАУ** *Жандамайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНДАН=** ет. **1.** *Жан біту, қан жүріп тірілу.* **2.** ауыс. *Қыза түсу, дуылдау, белсенділік таныту.* **3.** ауыс. *Жайнап құлпыру, әдемі күйге келу.* **4.** ауыс. *Алға басу, жақсару, жөнделу.* **5.** ауыс. *Тартымды, қызықты шығу, мақсатқа жету.*

**ЖАНДАНДЫР=** ет. **1.** *Құлпырту.* **2.** *Қозғау, түрткі салу.* **3.** *Қыздыру, бар мүмкіншілігін салу.* **4.** *Істі жақсарту, жолға қою.*

**ЖАНДАНДЫРУ** *Жандандыр етістігінің қимыл атауы; жақсарту, жаңа сапаға көтеру.*

**ЖАНДАНДЫРУШЫ** зат. **1.** *Жақсартушы, көркейтуші.* **2.** *Шабыт беруші.*

**ЖАНДАНДЫРЫЛ=** ет. **1.** *Жан кіре бастау, ширай түсу.* **2.** ауыс. *Жұмыстың шындап қолға алынуы, көркейтілуі, жолға қойылуы.*

**ЖАНДАНДЫРЫЛУ** *Жандандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНДАНТ=** ет. *Жан бітіру, тірілту, тіршілік әкелу.*

**ЖАНДАНТУ** *Жандант етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНДАНУ**[1] зат. экон. *Өнеркәсіп өндірісі мен инвестициялардың өсуіне, жеке табыстардың және корпорациялар пайдаларының артуына ұласатын іскерлік белсенділіктің арту кезеңі.*

**ЖАНДАНУ**[2] *Жандан етістігінің қимыл атауы; жолға қойылу, жақсару.*

**ЖАНДАРАЛ** ор. зат. сөйл. ***Генерал***.

**ЖАНДАРМ** [франц. gendarme] зат. **1.** тар. әск. *Жандермерияның жеке құрамы.* **2.** әск. *Ауыр қару-жарақты атты әскердің бір түрі.*

**ЖАНДАРМА** зат. жерг. *Жанама арықтан алынатын кішкене арық.*

**ЖАНДАРМЕРИЯ** [франц. gendarmerie] зат. әск. *Елдің ішіндегі және армиядағы тәртіпті қадағалаушы міндеті бар әскери ұйымдық негіздегі полиция.*

**ЖАНДАС=** ет. **1.** *Қатты жақындасу; ауыз жаласу, жуықтау.* **2.** *Өштесіп жауласу, қастасу.*

**ЖАНДАСУ** *Жандас етістігінің қимыл атауы; өштесу, жауласу.*

**ЖАНДАТПА** зат. *Құлама жар.*

**ЖАНДАУ** зат. сөйл. *Таудың етегі, бөктері.*

**ЖАНДА=** ет. жерг. ***Жанау.***

**ЖАНДАЛБАСАЛА=** ет. *Жан ұшырып әлек болу, әурелену.*

**ЖАНДАЛБАСАЛАУ** *Жандалбасала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНДӘСІЛ** зат. жерг. *Баскесер, әумесер, делқұлы.*

**ЖАНДЫ**[1] сын. **1.** *Жаны бар, тірі. // Тірі жан, адам.* **2.** ауыс. *Мәнді, қажетті, маңызды.*

**Жайдары жанды.** *Ашық, ақжарқын, аққөңіл.* **Жанды басшылық.** жерг. *Әсерлі, ықпалды, тиімді басшылық.* **Жанды дауыс.** *Әншілердің әнді фонограммасыз орындауы.* **Жанды жер.** а) *Талма жер.* ә) *Көңіліне ауыр тиетін тұсы.* **Жанды көлеңке.** *Тұралап құр сүлдесі қалған адам.* **Жанды қабар.** жерг. ***Жеделхат.*** **Жанды қарға.** *Тірі жан, тірі пенде.* **Жанды қуыршақ.** *Қолынан еш нәрсе келмейтін қауқарсыз адам.* **Жанды мен жансызға арыз айтты.** *Бар дүниеге шағым етті.* **Жанды өлік.** *Әрекетсіз, меңіреу.* **Жанды сөз.** *Қисыны бар әңгіме, асыл уағыз.* **Жанды сүгірет.** көне. *Қойылым, шағын көрініс.* **Жарқын жанды.** *Ашық жүзді, жайдары мінезді.*

**ЖАНДЫ**[2] сын. *Адамы, жаны бар.*

**ЖАНДЫ-ЖАҚТЫ** сын. *Көп ағайынды, жекжат-жұрағатты, туған-туысы мол.*

**ЖАНДЫ-ЖАНСЫЗ** сын. *Жанды мен жансыз, зат атаулы, күллі.*

**Жанды-жансыз категория.** лингв. <ағыл. animacy-inanimacy>. *Адамның қоршаған дүниені жанды және жансыз деп бөлуіне байланысты зат есімді екі шағын топқа бөлуіне негіз болып табылатын ұғым категориясы.*

**ЖАНДЫҚ** зат. жерг. **1.** *Ұсақ мал, қой -ешкі.* **2.** *Саулық қой.*

**ЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Жаны барлық, жаны болушылық.*

**ЖАНДЫР**= ет. **1.** *От тұтату, отын жағу.* **2.** ауыс. *Өртеу, күйдіру, шыдаттырмау, жалындату.*

**Жақтың отын жандырды.** *Оңдырмай шарт еткізді.* **Жүректі жандырды.** стиль. *Көңілге қозғау салды, ғашық етті.*

**ЖАНДЫРҒЫШ** зат. *Оталдырғыш, тұтандырғыш.*

**ЖАНДЫРМА** зат. жерг. *Майсыз қарып пісіретін жұқа нан.*

**ЖАНДЫРУ** *Жандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *От жағу, пешті қосу.* **2.** ауыс. *Қайта қолға алу.* **3.** поэт. *Күйдіру.*

**ЖАН-ДІЛІ** зат. жерг. *Жан-тәні, жан дүниесі.*

**ЖАН-ДІЛІМЕН** үст. жерг. *Жан-тәнімен.*

**ЖАНЖАБІЛ** зат. бот. *Қыста түсетін қатты бұдырлы жапырақтары бар жемісті ағаштың тәтті жемісі (имбирь).*

**ЖАН-ЖАҚ** зат. **1.** *Маңай, төңірек, айнала.* **2.** ауыс. *Дүние, қоғам, адам.*

**ЖАН-ЖАҚТА** үст. *Барлық жағынан қаптап, айнала қоршап.*

**ЖАН-ЖАҚТАҒЫ** үст. *Төңіректегі, маңайдағы.*

**ЖАН-ЖАҚТАН** үст. *Тұс-тұстан, төңіректен.*

**ЖАН-ЖАҚТЫ** сын. **1.** *Әр жақты, терең, толық.* **2.** *Көп білетін, сегіз қырлы, бір сырлы, білімдар.*

**ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Әржақтылық, барлығына бірдейлік, бес аспап.* **2.** *Барлығын қамтушылық.* **3.** *Барлығын ескерушілік, жақсы дайындық.*

**ЖАНЖАЛ** зат. **1.** *Дау, шатақ, ұрыс-керіс.* **2.** саяси. *Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қордаланған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіңдердің дер кезінде реттелмеуінен туындайтын, әртүрлі қақтығыстар.*

**Жанжал салды [қылды].** *Шатақ шығарды, дау салды.* **Жанжал шықты.** *Дау шықты, ұрыс-керіс пайда болды.*

**ЖАНЖАЛ-ЕРЕГЕС** зат. *Дау, шатақ, ұрыс-тартыс.*

**ЖАНЖАЛДАС=** ет. *Ұстасу, дауласу, бір-бірімен байланысу.*

**ЖАНЖАЛДАСТЫР=** ет. *Дауластыру, ұрыстыру, сөзге келістіру, екеудің арасына от салу.*

**ЖАНЖАЛДАСТЫРУ** *Жанжалдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЖАЛДАСУ** *Жанжалдас етістігінің қимыл атауы; ұрысу, кикілжіңге келу.*

**ЖАНЖАЛДАСУШЫ** зат. *Дауласушы, ұрыс-керіске барушы.*

**ЖАНЖАЛДЫ** сын. *Жанжалы бар, жанжалы көп.*

**ЖАНЖАЛДЫҚ: жанжалдық парадигма.** саяси. *Саяси өмірде дау-жанжал, шиеленістер шешуші рөл атқарады деп санайтын саясаттанушылық ілім.*

**ЖАНЖАЛҚОЙ** сын. *Жанжалға әуес, жанжалқұмар.*

**ЖАНЖАЛҚҰМАР** сын. *Жанжалға әуес, жанжал шығарғыш.*

**ЖАНЖАЛҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Жанжал шығарғыштық, дау-дамайшылдық.*

**ЖАНЖАЛСЫЗ** сын. *Жанжал-шатақсыз, ұрыссыз.*

**ЖАНЖАЛ-ТАЛАС** зат. *Дау, тартыс, айтыс.*

**ЖАНЖАЛ-ШАТАҚ** зат. *Дау-жанжал, ұрыс-керіс.*

**ЖАНЖАЛШЫЛ** сын. *Жанжалға әуес, жанжалқой, ұрысқұмар.*

**ЖАНЖАЛШЫЛДЫҚ** зат. *Жанжалқойлық, жанжалқұмарлық.*

**ЖАН-ЖАНДАН=** ет. *Жанына жан қосылу, адам басы көбею.*

**ЖАН-ЖАНУАР** зат. *Адамнан басқа мақұлықтар, хайуанаттар.*

**ЖАН-ЖӘНДІК** зат. *Бүкіл жанды-жансыз, барлық тіршілік атаулы.*

**ЖАНЖОЛ** зат. *Соқпақ, қисық сүрлеу.*

**ЖАН-ЖҮЙЕ** зат. *Бүкіл сезім дүниесі, өне бойы, жан-дүние.*

**Жан-жүйеге тірелетін.** жерг. *Жанды жеріне тиетін, жаны қиналатын, өзегін өртейтін, төтенше маңызды.* **Жан-жүйені тебірентті.** *Жан сезімін тербеп, көңіл күйіне әсер етті.* **Жан-жүйе сін босатты.** *Көңілді толқытты, елжіретіп, сүйсіндірді.*

**ЖАНЖЫЛ** зат. жерг. *Шығыршық, есікке құлып салатын ілгек темір.*

**ЖАНЖЫР** зат. жерг. ***Шынжыр.***

**ЖАНЖІП** зат. этн. *Жазы ағашты қысып байлайтын арқан жіп.*

**ЖАНКЕШПЕ** сын. **1.** *Жанкешті, өлермен, батыл.* **2.** *Өлген-тірілгенді білмейтін батыл, ер жүрек.*

**ЖАНКЕШТІ** сын. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын батыл, өлермен, жанкешпе. // Жанкешпе, батыл адам. // Қан майдан, қырғын, жойқын.*

**ЖАНКЕШТІЛІК** зат. *Өжеттік, батылдық.*

**ЖАН-КҮЙ** зат. *Ішкі сезім, жан-дүние.*

**ЖАНКҮЙЕР** сын. *Етжақын, ыстық-суығына бірдей күйетін, жанашыр. //* спорт. *Өзі спортшы болмаса да, қандай да бір спорт түрін, ойындарын, спорттық жарыстарды жақсы көретін, жақтаушы, қолдаушы адам.*

**ЖАНКҮЙЕРЛІК** зат. спорт. *Спорттың белгілі бір түріне, спорттық команда ойындарына қызығушылық, қолдаушылық, жанкүйер болушылық.*

**ЖАНКҮЙТТЕУШІЛІК** зат. *Жанбағушылық, бас пайдасын ойлаушылық.*

**ЖАНҚАЙЫС** зат. *Қайыстан жасалған тартпаның түрі.*

**ЖАНҚАЛАҚ** зат. жерг. *Тесік ожау, сүзгі.*

**ЖАНҚАЛТА** зат. *Киімнің ішінен, омырау тұстан тігілген қалта.*

**ЖАНҚАСТА** сын. *Жан қинайтын, бейнетті, ауыр.*

**ЖАНҚИЯР** сын. **1.** *Ержүрек, өжет, батыл.* **2.** *Етжақын, шын берілген, адал.*

**ЖАНҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Аяңкестік, бассауғалаушылық.*

**ЖАН-ҚҰТЫ: жан-құты қалмады.** *Жаны қалмады, бар ықыласын салды, аянбады.*

**ЖАННАМ** [ар. جهنم]: **жаны [-н] жаннамға [жәннемге] кетті [тапсырды].** *Қайтыс болды, өлді.*

**ЖАННАТ** [ар. جنت] зат. **1.** діни. *Жұмақ, бейіш.* **2.** *Рақат дүние, жайлы қоныс.*

**Жер жаннаты.** экспр. *Жер бетінің жұмағы, жердің ең көрікті тұсы деген мағынада қолданылатын тұрақты эпитет.*

**ЖАННАТТАЙ** сын. *Жайнаған, құлпырған; жұмақтай жайлы.*

**ЖАННАТТЫ** сын. *Жұмақты, шырайлы, жанға жайлы.*

**ЖАН-ОЖДАН** зат. *Жаны мен ары, ар-ождан.*

**ЖАНПИДА** зат. *Құрбан, садаға.*

**ЖАНПИДАЛЫҚ** зат. *Құрбандық, садағалық, жолында құрбан етушілік.*

**ЖАНПИДАШЫЛ** сын. *Өлермен, жанкешті, жанын беріп кірісетін.*

**ЖАНПОЗ**[1] зат. сөйл. ***Жампоз.***

**ЖАНПОЗ**[2] зат. жерг. *Өгіз мойынтұрығының сырт жағындағы жіңішке темір.*

**ЖАНР** [франц. genre] зат. әдеб. *Әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.*

**ЖАНРЛЫ** сын. *Түрлі жанры бар, жанры көп.*

**ЖАНРЛЫҚ** сын. *Жанрға жататын, жанрға тән.*

**ЖАНСАҚТАУ: жансақтау бөлімі.** мед. *Ауруханадағы адамның өмірін сақтап қалуға арналған арнайы бөлім, реанимация.*

**ЖАНСАР** үст. жерг. **1.** *Болар-болмас, көмескі.* **2.** *Әлсіз, шалажансар. // Жасық, момын адам.*

**ЖАНСАРАЙ** зат. *Жан дүниесі, ішкі ойсезімі.*

**ЖАНСАРЛА=** ет. жерг. *Дәрмені кету, күші азаю.*

**ЖАНСАРЛАТ=** ет. жерг. *Әлсірету.*

**ЖАНСАРЛАТУ** жерг. *Жансарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНСАУҒА** од. *Бас амандық бер, жанымды қалдыр.*

**Жансауға қылды.** *Бас амандық етті, бас амандықтың қамын жасады.* **Жансауға сұрады.** *Бас амандық сұрады.*

**ЖАНСАУҒАЛА=** ет. *Қауіп-қатерден қашқалақтау, жеке басын қорғау.*

**ЖАНСАУҒАЛАУ** *Жансауғала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНСАУҒАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Жан сақтаушылық, амалдап күнелтушілік.*

**ЖАНСАУЛЫҚ** зат. стиль. ***Денсаулық.***

**ЖАНСЕБІЛ** сын. **1.** *Жанкешті, батыл.* **2.** *Өлермен, жанкешпе.* **3.** *Көнбіс, төзімді, ит жанды.* **4.** *Жойқын, қырғын.* **5.** жерг. *Бейнетқор, еңбексүйгіш.*

**ЖАНСЕБІЛДІК** зат. **1.** *Жанкештілік, өліп-талушылық.* **2.** терм. *Адам бойындағы ерекше төзімділікті, итжандылықты, көнбістілікті білдіретін этникалық ұғым.*

**ЖАНСЕЙІЛ** сын. *Жаны тыныққан.*

**ЖАНСЫ=** ет. *Адамсыну, адам сияқтанып көріну, көзді алдау.*

**ЖАНСЫЗ**[1] зат. *Астыртын жұмыс істейтін адам, тыңшы. // Жасырын, құпия, астыртын.*

**Жансыз қойды.** *Тыңшыға аңдытты.*

**ЖАНСЫЗ**[2] сын. **1.** *Жаны жоқ, өлі.* **2.** ауыс. *Жаны кеткен, қимылсыз, қозғалыссыз.* **3.** ауыс.

*Жанары тайған, нұрсыз.* **4.** ауыс. *Тірі жансыз, құлазыған, меңіреу, мылқау.* **5.** ауыс. *Мықты, төзімді.*

**ЖАНСЫЗ**[3] үст. **1.** *Бір өзі, жалғыз өзі.* **2.** *Иесіз, адамсыз.*

**ЖАНСЫЗДАП** үст. *Құпия, жасырын, астыртын, жансыз жіберіп.*

**ЖАНСЫЗДАЙ** сын. *Жаны жоқ секілді,ісі мардымсыз.*

**ЖАНСЫЗДАН=** ет. **1.** *Жаны кетіп, қимылсыз қалу, солу, сему.* **2.** ауыс. *Қаңырап бос қалу, құлазу.* **3.** ауыс. *Өшу, от алмау.*

**ЖАНСЫЗДАНДЫР=** ет. *Жанын кетіру, жүйке жүйесін әлсірету.*

**ЖАНСЫЗДАНДЫРУ** мед. *Жансыздандыр етістігінің қимыл атауы; арнайы препараттармен жүйкені өлтіру, жанын кетіру.*

**ЖАНСЫЗДАНДЫРУШЫ** зат. мед. *Жанын кетіруші, жүйке жүйесін өлтіруші.*

**Жансыздандырушы эмульсия.** мед. *Жүйке жүйесін өлтіретін эмульсия.*

**ЖАНСЫЗДАНУ** *Жансыздан етістігінің қимыл атауы; жаны кету.*

**ЖАНСЫЗДАУ** сын. *Қимылсыздау, әрекетсіздеу.*

**ЖАНСЫЗДЫҚ**[1] зат. **1.** *Жаны жоқтық, қимыл-қозғалыссыз қалғандық.* **2.** ауыс. *Суықтық, ызғарлық.*

**ЖАНСЫЗДЫҚ**[2] зат. *Астыртын әрекет жасаушылық, жасырын іс істеушілік.*

**ЖАНСЫРА=** ет. *Жаны кету, әлсіреу.*

**ЖАНСЫРАУ** *Жансыра етістігінің қимыл атауы; жаны кету.*

**ЖАНТАЙ=** ет. **1.** *Жамбастау, бір жақ қырынан жату.* **2.** *Бір жақ жанына қисаю.* **3.** ауыс. *Тынығып көзін ілу, көз шырымын алу, дем алу.* **4.** ауыс. *Ымырт жабылып, күннің еңкеюі.* **5.** ауыс. *Көңілдес болу, жақындасу.* **6.** ауыс. *Жағымсыну, жарамсақтану.* **7.** ауыс. *Қартаю, жасы келу, төсек тарту.*

**ЖАНТАЙҒЫШТА=** ет. *Ауытқу, қайта-қайта ауу.*

**ЖАНТАЙЛА=** ет. *Төңіректеу, жағалау.*

**ЖАНТАЙМА** сын. *Құлама, түйетайлы, жантайыңқы.*

**Жантайма скважина**. кен. *Тік емес, көлбеу, жантайыңқы қазылған скважина.* **Жантайма шатырлы**. *Аласалау, жатаған шатыры бар.*

**ЖАНТАЙТ=** ет. **1.** *Қисайта жатқызу.* **2.** *Бір жақ шетіне қисайту.*

**ЖАНТАЙТУ** *Жантайт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТАЙТЫЛ=** ет. *Жантайта отырғызылу.*

**ЖАНТАЙТЫЛУ** *Жантайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Жантайта түсу, қисайтыңқырау.*

**ЖАНТАЙТЫҢҚЫРАУ** *Жантайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТАЙЫС=** ет. **1.** *Жантая жатысу.* **2.** *Тынығу, көп адам демалу.*

**ЖАНТАЙЫСУ** *Жантайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТАҚ** зат. өс. <лат. alhagi> *Жапырағы ұсақ, бұтағы тікенді, гүлі қызғылт, жартылай бұталы, тамыры 10-15 метрге жететін, бұршақ тұқымдас шөптесін өсімдік.*

**ЖАНТАҚТАЙ** сын. *Жантақ тәрізді, жантақ сияқты.*

**ЖАНТАҚТЫ** сын. *Жантақ өсетін, жантағы бар.*

**ЖАНТАҚЫЛ: жантақыл етті.** жерг. *Тыпқашты, тайсақтады.*

**ЖАНТАҚЫЛА=** ет. жерг. *Тайсалақтау, жұмысты тыпқашып істеу.*

**ЖАНТАҚЫЛАУ** *Жантақыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТАЛАС** зат. *Қауырт, алас-қапас шақ.*

**ЖАНТАЛАС=** ет. **1.** *Ауру адамның қиналуы, қысылуы, арпалысуы.* **2.** ауыс. *Белгілі бір мақсатқа жету үшін арпалысу.* **3.** *Жанұшыру.* **4.** *Қарбаласу, асығысу.*

**ЖАНТАЛАСУ**[1] зат. биол. <грек. agonia> *Адам ғұмырының соңғы сәтіндегі қатты қиналуы.*

**ЖАНТАЛАСУ**[2] *Жанталас етістігінің қимыл атауы; арпалысу.*

**ЖАНТАНУ** зат. ғыл. <грек. psychй – жан, logos – ілім> ***Психология***. ≈ *Жантану* пәні.

**ЖАНТАҢДА=** ет. **1.** *Бір жақ жанына қарай қиқалақтау, жамбастау.* **2.** ауыс. *Жанамалау, жағыну.*

**ЖАНТАҢДАУ** *Жантаңда етістігінің қимыл атауы; жағыну.*

**ЖАНТАС=** ет. жерг. ***Жақындасу***.

**ЖАНТАЮ** *Жантай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жақ шетіне қисайып демалу, мызғып алу.* **2.** *Дамылдау.*

**ЖАН-ТӘН** зат. *Бар жаны, бар ықыласы.*

**Жан-тәнін аямады.** *Бар ықыласын салды, бар ынтасымен істеді.* **Жан-тәнін салды.** *Бар күшін жұмсады, аянбады.* **Жан-тәнін салып кірісті.** *Бар ынтасымен, барын аямай араласты, атсалысты.*

**ЖАН-ТӘНІМЕН** үст. *Бар ықыласымен, ынтасымен.*

**ЖАНТӘСІЛІМ** зат. *Ажал, өлім.*

**Жантәсілім берді.** *Көз жұмды, дүние салды.* **Жантәсілім қылды [етті].** *О дүниеге аттанды, бақилық болды.*

**ЖАНТӘТТІЛІК** зат. *Жанаярлық, қорқақтық.*

**ЖАНТОРСЫҚ** зат. **1.** көне. *Үнемі қанжығада жүретін, қымыз құятын жол торсығы.* **2.** ауыс. *Жанынан қалмас серігі.*

**ЖАНТТА=** ет. жерг. *Жақындау, жуық келу.*

**ЖАНТТАУ** *Жантта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНТҮРШІГЕР** сын. *Шошитындай, қорқынышты.*

**ЖАНТҮРШІГЕРЛІК** сын. *Адам шошырлық, қорқынышты.*

**Жантүршігерлік дауыс.** *Өте қорқынышты, үрейлі дауыс.*

**ЖАНТЫҚ** зат. **1.** жерг. ***Жандық*** *(ұсақ мал, қой-ешкі).* **2.** ауыс. *Астыртын арамдық істейтін, жансыз, жымысқы, пасық.*

**Жантығы ішіне түсті**. жерг. *Ыстығы ішіне түсті.*

**ЖАНТЫҚША** үст. *Жантық тәрізді; опасыз, екіжүзді.*

**ЖАНТЫНЫШТЫҚ** зат. *Жеке басының тыныштығын ойлаушылық.*

**Жантыныштығын алды.** *Мазасын алды, жайлы өмірін бұзды.*

**ЖАНУ**[1] зат. хим. *Энергияның қарқынды бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасуы арқылы жүретін физикалық-химиялық реакция.*

**Жану температурасы**. *Көмірдің, сульфидті рудалардың және басқа жанар материалдардың тотығу жылдамдығы жанатындай болып жеделдейтін температура.*

**ЖАНУ**[2] *Жан етістігінің қимыл атауы; оттың тұтануы.*

**ЖАНУ**[3] *Жаны етістігінің қимыл атауы; пышақ, қайшы сияқты жүзі бар құралдарды қайрау.*

**ЖАНУАР** зат. зоол. <лат. animalia> **1.** *Тірі ағзалар дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі.* **2.** этн. *Жылқы малына сүйсінгенде, таңғалғанда айтылатын қаратпа атауыш.*

**Жануар белогы**. биол. <грек. anatome> *Жануарлардан алынатын өте сапалы белок.* **Жануарлар анатомиясы.** *Жануарлар ағзасының құрылысын зерттейтін ғылым.* **Жануарлар биохимиясы.** биол. <грек. bios – тіршілік, өмір, лат. chimia – химия> *Жануарлар ағзасының химиялық құрамы және химиялық құбылыстар мен энергиялық процестер туралы ғылым.* **Жануарлар генетикасы.** биол. <грек. genesis> *Жануарлардың тұқымқуалаушылық және өзгергіштік қасиеттерін зерттейтін ғылым.* **Жануарлар географиясы.** *Жер шарындағы жануарлардың тіршілік жағдайларын, түр құрамын, дамуын зерттейтін биогеография ғылымының бір саласы.* **Жануарлар гистологиясы.** биол. <грек. histos> *Жануарлар жасушаларының, оның өте ұсақ құрылымдық құрылысын, тіндерінің шығу тегі мен дамуын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.* **Жануарлар [жәндіктер] дүниесі.** биол. *Жер бетінде тіршілік ететін жануарлар (жәндіктер) әлемі.* **Жануарлардың бағдарлануы.** биол. *Жануарлардың кеңістіктегі тіршілік ету қабілеттілігі, белгілі бір экологиялық жағдайға морфофизиологиялық бейімділігі.* **Жануарлардың дауысы.** биол. *Бір түрге не әр түрге жататын жануарлардың өзара бірін-бірі ажырату және түрлі сезімін білдіру үшін шығаратын дыбыстары.* **Жануарлардың жүйеленімі.** биол. <грек. systematikos> *Жануарлар әлемінің әртүрлілігіне байланысты, олардың ұқсастық белгісіне не арасындағы айырмасына қарай, жануарларды сипаттау, топтастыру, жүйелеу.* **Жануарлардың қоныс аударуы.** биол. <лат. migratio> *Тіршілік еткен ортасының өзгеруіне немесе көбею кезеңіне байланысты жануарлардың мекен ауыстыруы.* **Жануарлардың қорғаныш бейімділігі.** биол. *Жеке ағзаның тіршілік үшін күресте сақталуына, ұрпақ қалдыруына көмектесетін морфологиялық, физиологиялық және этиологиялық ерекшеліктері.* **Жануарлардың ұйқысы.** биол. *Жылықанды жануарлардың қолайсыз жыл мерзіміне бейімделуі.* **Жануарларды сұрыптау.** зоотех. <лат. selectio> *Малдың жаңа тұқымдарын шығару және оларды жақсарту туралы ғылым.* **Жануарлар морфологиясы.** биол. <грек. morphe> *Денесінің пішіні мен құрылысы, олардың ерекше және тарихи эволюциялық дамуы туралы ғылым.* **Жануарлар туралы ертегілер.** фольк. *Адам мінезін жануарлар бейнесі арқылы тұспалдап, аллегориялық тәсілмен пернелеп жеткізетін, хайуанаттар жайындағы ертегілер.* **Жануарлар физиологиясы.** биол. <грек. physis> *Жануарлар ағзасының, оның жеке жасушалары, тіндері мен ағзаларының, қызмет жүйелерінің тіршілігі туралы ғылым.* **Жануарлар экологиясы.** *Экожүйесіндегі популяцияның тіршілік ету заңдылықтарын анықтап, жануарлардың қоршаған ортаға бейімделуін зерттейтін экологияның бір саласы.* **Жануарлар эмбриологиясы.** <грек. embryon> *Жануарлардың ұлттық немесе эмбриондық дамуын, кең мағынада алғанда жеке ағзаның дамуын толықтай зерттейтін ғылым.* **Жануар майы.** биол. *Ағзаға қуат беруші рөлін атқаратын және пластикалық материал болатын күшті май.*

**ЖАНУАРДАЙ** сын. *Жануар тәрізді, жануарға ұқсас.*

**ЖАНУАРЛАРҚОРЕКТІЛЕР** зат. *Жануар етімен қоректенушілер, зоофагтар.*

**ЖАНУЛЫ** сын. *Өшпеген, сөнбеген.*

**ЖАНУЫШ** зат. **1.** *Пышақтың жүзін жанитын зат, қайрақ.* **2.** ауыс. *Жігер беруші, демеуіш.*

**ЖАНУЫШТАЙ** сын. *Жануыш тәрізді, жігер бергендей, демесіндей.*

**ЖАНҰЯ** зат. сөйл. ***Отбасы***.

**ЖАНҰЯЛЫ** сын. сөйл. ***Отбасылы***.

**ЖАНША** ү с т. *Кісіше, кісі сияқты.*

**ЖАНШУ**[1] з а т. **1.** *Мыжғылау, езу жұмысы.* **2.** а у ы с. *Зорлық, қыспақ.* **3.** к е н. *Кен ісінде кесектерді жаншу арқылы ұстау.*

**ЖАНШУ**[2] *Жаншы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНШЫ=** е т. **1.** *Мыжғылап езу, таптау.* **2.** а у ы с. *Еңсесін көтертпеу, басу.* **3.** а у ы с. *Билігін жүргізіп зорлық көрсету, қыштеу.*

**ЖАНШЫЛ=** е т. **1.** *Басылу, тапталу.* **2.** а у ы с. *Жеңілу, езгіде қалу.* **3.** а у ы с. *Жүрегі жаралану, мойылу, еңсесі түсу.*

**ЖАНШЫЛУ** *Жаншыл етістігінің қимыл атауы; қиындықта, езгіде болу.*

**ЖАНШЫЛЫП-МЫЖЫЛ=** е т. *Мыж-мыжы шығу, әбден езілу.*

**ЖАНШЫЛЫП-МЫЖЫЛУ** *Жаншылып-мыжыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНШЫҢҚЫРА=** е т. *Қысым көрсетіңкіреу; езгілеу.*

**ЖАНШЫҢҚЫРАУ** *Жаншыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНШЫП-БАС=** е т. *Илеп езу, жаныштап мыжғылау.*

**ЖАНШЫП-БАСУ** *Жаншып-бас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНШЫП-ЖАНШЫП** ү с т. *Езіп-езіп, мыжғылап-мыжғылап.*

**ЖАНШЫП-ЖАНЫШТА=** е т. *Тас-талқанын шығару, быт-шытын шығарып жеңу.*

**ЖАНШЫП-ЖАНЫШТАУ** *Жаншып-жанышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫ**[1] з а т. ***Жаңқалта.***

**ЖАНЫ**[2] ү с т. *Қасы, маңы.*

**ЖАНЫ=** е т. **1.** *Пышақ, орақ, шалғы сияқты жүзі бар құралдардың жүзін өткірлеу, қайрау.* **2.** *Пышақ, бәкі, шаппа сияқты құралдардың жүзін екі жағынан былғарыға ысып, қайрау, тазарту.* **3.** а у ы с. *Біреуді біреуге айдап салу, жел беріп қайрау.* **4.** а у ы с. *Дем беру, жігерлендіру.* **5.** а у ы с. *Өшпенділігін арттыру, қастаса түсу.* **6.** п о э т. *Шағылыстыру, жарқылдату.*

**ЖАНЫҒУ** *Жаның етістігінің қимыл атауы; жанталасу, асығу.*

**ЖАНЫҒЫШ** з а т. с ө й л. ***Қайрақ.***

**ЖАНЫ-ДІНІ** з а т. *Ынта-ықыласы, бар ниеті.*

**ЖАНЫҚ** з а т. ж е р г. *Ыстық-суықтан болатын мал ауруы.*

**ЖАНЫҚ=** е т. **1.** *Өз-өзінен қапылу, асығып-үсігу.* **2.** *Жанталасу, арпалысу.*

**ЖАНЫҚАСТЫҚ** з а т. *Қастық, қарсылық.*

**ЖАНЫҚТЫР=** е т. *Қапылдыру, асықтыру, жанталастыру.*

**ЖАНЫҚТЫРУ** *Жаныктыр егістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫЛ=** е т. *Қайралу, өткірлену.*

**ЖАНЫЛУ** *Жаныл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫМ** з а т. **1.** *Айналайын, жарығым деген мағынадағы жақын тартқанда, іш тартқанда, еміреніп, бауырмалдығын білдіргенде қолданылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Сүйіктім, қымбаттым деген мағынада қолданылатын қаратпа атауыш.* **3.** *Жарқыным, қарағым деген мағынада, жақтырмағанын сыпайылап білдіретін қаратпа атауыш.*

**ЖАНЫНДА** ү с т. *Қатар қойып қарағанда, салыстырғанда.*

**ЖАНЫНДАҒЫ** ү с т. *Белгілі бір мекемеге қарасты, соның құрамына кіретін, сол мекеменің ішінен ашылған.*

**ЖАНЫНДАЙ** с ы н. *Өте жақын, ыстық.*

**Жанындай жақсы көрді [сүйді].** *Қатты жақсы көрді.* **Жанындай жарату.** ж е р г. *Өте жақсы көру, қатты ұнату.* **Жанындай көрді.** *Өте ыстық, жақын, өзіндей көрді, аялады.*

**ЖАНЫП-ЖАНЫП** ү с т. **1.** *Ұстара, пышақтың екі жақ жүзін кезек қайрап-қайрап.* **2.** *Үйкелеп-үйкелеп.* **3.** *Жалап-жалап.*

**ЖАНЫП-КҮЙ=** е т. **1.** *Дененің ысуы, қызу көтерілу.* **2.** а у ы с. *Бір қуанып, бір басылу, жаны қалмау.* **3.** *Есі кету.*

**ЖАНЫП-КҮЮ** *Жаныл-күй етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫП-ӨШ=** е т. *Бір жанып, бір өшіп, өшіп-жанып.*

**ЖАНЫП-ӨШУ** *Жаныл-өш етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫП-СӨНІП** ү с т. *Өшіп-жанып, жыпылықтап, болар-болмас, әлсіз.*

**ЖАНЫП-ТҰТАНЫП** ү с т. *Жігерленіп, өршеленіп.*

**ЖАНЫС=** е т. *Қайрасу, өткірлесіп алу.* **2.** *Қабаттасу, қарбаласу.*

**ЖАНЫСТЫР=** е т. *Айдап салу, шағыстыру.*

**ЖАНЫСТЫРУ** ж е р г. *Жанастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫШ=** е т. **1.** *Мыжғылап, басып езу.* **2.** а у ы с. *Көңілге қатты бату, жүректі ауырту.*

**ЖАНЫШҚЫЛА=** е т. *Қайта-қайта жаныштау, мыжғылай түсу, езгілеу.*

**ЖАНЫШҚЫЛАУ** *Жанышқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫШҚЫШ** з а т. *Кесек, қатты затты жаншып майдалайтын үгіткіш құрылғы.*

**ЖАНЫШПА** з а т. **1.** т а м а қ. *Сөкке сары май, қант қосып жасалатын тағам.* **2.** с а я т. *Бүркітке берілетін жем.*

**ЖАНЫШТА=** е т. **1.** *Мыжғылап езгілеу, таптап мыж-мыжын шығару.* **2.** *Қысу, қыстыру.* **3.** *Жаудың тас-талқанын шығарып жеңу, күшпен басу.* **4.** *Халыққа қысым көрсету, еркіндік бермеу, езгіге салу.* **5.** а у ы с. *Мазақ ету, қорлау.* **6.** а у ы с. *Айтқанға көндіру.*

**ЖАНЫШТАҒЫШ** з а т. *Талқандағыш, майдалағыш құрал.*

**ЖАНЫШТАЛ=** е т. *Езгіге түсу, қысым көрсетілу, күшпен басылу.*

**ЖАНЫШТАЛУ** *Жаныштал етістігінің қимыл атауы; талқандалу, басылу.*

**Жаныштау белдемі**. г е о л. *Геологиялық даму тарихы бір-біріне ұқсамайтын екі блоктың өзара жапсарласу өңіріндегі терең жарылым аймағынан көрініс беретін, динамометаморфизм және жапсарлы метаморфизм жағдайында өзгерістерге ұшыраған, сол сияқты күрделі түрде қатпарланған және жік-жапсарланған таужыныстардан тұратын, біршама ұзақ қашықтықтарға сағаланатын (ондаған, тіпті жүздеген км) белдемдер.*

**ЖАНЫШТАТ=** е т. *Аяқасты етіп таптату, езгілету, мыжғылату.*

**ЖАНЫШТАТУ** *Жаныштат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАНЫШТАУ** *Жанышта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Езу, мыжу, мыжғылау.* **2.** а у ы с. *Ұрысты басу, талқандау.*

**ЖАНЫШТАУЫШ** с ы н. т е х. *Жаныштағыш, майдалағыш.*

**ЖАНЫШТЫ: жұмысбасты, ер жанышты.** *Жұмыстан қолы босамайтын, жұмыс жеңген, ығыры шыққан.*

**ЖАНЫШТЫР=** е т. **1.** *Араластыру, бір нәрсеге шаншу, ілдіру.* **2.** а у ы с. *Езгіге салдыру, аяқ астына қалдыру.*

**ЖАНЫШТЫРУ** *Жаныштыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢ**[1] з а т. ж е р г. **1.** *Қалыпқа салмай жұмарлап соққан ірі кесек, балшық.*

**ЖАҢ**[2] з а т. с а я т. *Бүркіт ұстауға арналған шаңырақ тәрізді құрал.*

**ЖАҢА**[1] с ы н. **1.** *Өңі кетпеген, бұрын ұсталмаған.* **2.** *Тың, соны, өзге, басқа.* **3.** а у ы с. *Бұрын айтылмаған, болмаған (жаңалық).* **4.** а у ы с. *Ілгері, озық, жоғары.* **5.** *Кейінгі, соңғы.*

**ЖАҢА**[2] ү с т. **1.** *Жуықта, жуырда, жақында.* **2.** *Әлгінде, әлгі бір әзірде.* **3.** *Алғаш рет, жаңа-жаңа, енді-енді.*

**Жаңа ай.** *Ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезең.* **Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке.** э т н. *Ескі наным бойынша, жаңа ай туғанда айға тәу етіп айтылатын тілек [ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезеңде, яғни жаңа айда да, ай толғаннан бастап туғанға дейінгі кезеңде, яғни ескі айда да жақсылыққа кенелтіп, желеп-жебей көр деген мағынадағы тілеу].* **Жаңа айдың бір [екі, үш.., он үш] жаңасы.** *Ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезең, он төрт күн.* **Жаңа ашылған күн көзіндей**. *Жап-жарық болып шайдай ашылу.* **Жаңа аяқтанған ботадай**. *Қалт-құлт етіп, енді жүре бастаған ботадай.* **Жаңа әзірде.** ж е р г. *Жаңа ғана.* **Жаңа ғасыр**. *Қазіргі заман.* **Жаңа жұлдыздар.** а с т р. *Жарқырауы кенеттен мыңдаған, тіпті миллиондаған есе артып, одан кейін баяулап азаятын жұлдыздар.* **Жаңа жыл.** а) *Қолданылған күнтізбе бойынша қаңтар айының бірінші күні.* ә) *Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айының 22-і.* б) *Жаңа бастама, тың өмір.* **Жаңа жылды қарсы алды.** *Жаңа жыл келетін 1 қаңтар күнін жалпыхалықтық мейрам ретінде құтты, тойлады.* **Жаңа заман.** *Бүгінгі күн, осы кез.* **Жаңа заң.** *Жаңа заманға лайықталып жасалған заң.* **Жаңаның [заманның] жаршысы.** *Жаңалықты бастаушы, тың, озық ойларды таратушы.* **Жаңа низам**. *Жаңа тәртіп, жаңа заң, жаңа ереже.* **Жаңа өмірге есік ашты.** *Өміріндегі жаңа белеске өтті, өмірі жаңа мазмұн алды.* **Жаңа өспірім.** *Жас өрім, жеткіншек, жас буын.* **Жаңа сөздер**. л и н г в. <грек. neos – жаңа, logos – сөз> *Заман, қоғам жаңғыруына байланысты туатын, жаңа заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін сөздер мен сөздер тобы.* **Жаңа тәрбие**. п е д. *Педагогикада XIX ғасырдың аяғында реформаторлық педагогика шеңберінде пайда болған ағым.* **Жаңа туған ай секілді.** п о э т. *Қиылған, жіңішке, иілген қас туралы.* **Жаңа туған бұзаудың көзіндей**. *Таңдана, таңырқай қарау.* **Жаңа туған қозының елтірісіндей**. *Қаракөшқыл, бұйра, ұйысқан.* **Жаңа түскен жас келіншектей сызылды**. *Ұялды, әдеп сақтады, әдепті болып көрінді; шын болмысын жасырды.* **Жаңа түскен келіншектей иілді**. *Бабымен иіліп сәлем берді, амандасты.* **Жаңа өспірім.** *Жасөспірім (бозбалалық, бойжеткендік кезеңіне жетілу шағы).* **Жаңа сатыға [белге, шыңға] көтерді.** *Ілгері дамытты, өркендетті, тағы бір соны белеске шығарды.* **Жаңа тынысын ашты.** *Бұрын байқамаған мінез-құлқының сырын аңғарды.* **Жаңа ұрпақ.** *Жас ұрпақ.*

**ЖАҢАҒЫ** с ы н. *Әлгі, ана бір, әлгіндегі.*

**ЖАҢАҒЫДАЙ** с ы н. *Әлгідей, қазіргідей.*

**ЖАҢАДА** ү с т. *Жақын арада, жуық маңда, таяу уақытта.*

**ЖАҢАДАЙ** с ы н. *Бұрын ұсталмағандай, тап-таза; жаңа сияқты.*

**ЖАҢАДАН** ү с т. **1.** *Қайтадан, басқаша, өзгеше.* **2.** *Тағы да.* **3.** *Басқа.* **4.** *Енді, жақында.* **5.** *Енді ғана.*

**ЖАҢА-ЖАҢА** ү с т. *Енді-енді, жаңа ғана.*

**ЖАҢАҚЫЗЫЛ** з а т. *Бидайдың күшті сорты.*

**ЖАҢАЛА=** е т. **1.** *Бұрын ұсталған, пайдаланған затты өзгертіп жаңарту, ауыстыру.* **2.** *Қайталап жаңғырту, тазарту.*

**Жаңалап жіберді.** а) *Дастарқандағы асты, шайды үстемелеп, қайта демдеп жаңалау.* ә) с а я т. *Құстың белгілі бір жасқа келгенде үстіндегі түктері мен қауырсындарын алмастырып түлеуі.*

**ЖАҢАЛАН=** е т. *Өзгертілу, жаңартылу, жаңасына алмастырылу.*

**ЖАҢАЛАНУ** *Жаңалан етістігінің қимыл атауы; өзгеру, жаңару.*

**ЖАҢАЛАТ=** е т. **1.** *Өзгерту, жаңарту.* **2.** а у ы с. *Ойын, пиғылын өзгерту.*

**ЖАҢАЛАТУ** *Жаңалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢАЛАШ** сын. жерг. ***Жалаңаш.***

**Жаңалаш арпа**. жерг. *Қабықсыз бидай сияқты арпа.*

**ЖАҢАЛАУ**[1] сын. **1.** *Өңі кете қоймаған, көп ұсталмаған.* **2.** ауыс. *Басқа, өзге.*

**ЖАҢАЛАУ**[2] *Жаңала етістігінің қимыл атауы; өзгерту, жаңарту, ауыстыру.*

**ЖАҢАЛЫ-КӨНЕЛІ** сын. *Жақсылы-жаманды, жаңа мен көнесі аралас.*

**ЖАҢАЛЫҚ** зат. **1.** *Жаңа хабар, жаңа ақпар.* **2.** ауыс. *Тосын, өзгеше оқиға.* **3.** *Ерекше оқиға.* **4.** *Өзгеріс, жаңа қарқын, жаңа әдіс, т.б.* **5.** *Ғылым мен техникадағы жаңа табыс, бастама.*

**Жаңалық ашты.** *Заттар мен құбылыстар туралы бұрын беймәлім болған білімді, деректі т.б. анықтады.*

**ЖАҢАЛЫҚСЫЗ** сын. *Жаңалығы жоқ, өзгеріссіз.*

**ЖАҢАЛЫҚТА** үст. жерг. *Жақында, жуықта, таяуда.*

**ЖАҢАЛЫҚТАЙ** сын. *Жаңалық сияқты, өзгерістей.*

**ЖАҢАЛЫҚШЫЛ** сын. *Жаңалыққа әуес, жаңалыққа құмар.*

**ЖАҢАР=** ет. **1.** *Бүтінделу, тазару, өңі ашылу.* **2.** ауыс. *Жақсарып көркею, өркендеп даму, жаңғыру.* **3.** *Қайтадан өзгеру, орны ауысу.* **4.** *Өзгеру, жаңа көзқараспен қарау.*

**Жаңарған сулар.** сушар. *Құрамында су молекулалары бар минералдардың дегидратациялануы нәтижесінде пайда болатын сулар.*

**ЖАҢАРТ=** ет. **1.** *Ауыстыру, әлі қолданылмағанын пайдалану.* **2.** ауыс. *Құлпырту.* **3.** ауыс. *Жаңғырту, дамыту, ілгерілету.*

**ЖАҢАРТҚЫШ**: **төсек жаңартқыш.** *Әйел алғыш, үйленгіш.*

**ЖАҢАРТПА** зат. **1.** пед. <ағыл. innovation> *Әлеуметтік практикада елеулі өзгерістер тудыратын әртүрлі жаңа құбылыстар жасаушылық, ендірушілік.* **2.** экон. <лат. novatio> *Азаматтық құқықта тараптардың бұрын жасалған міндеттемелерді жаңа міндеттемелермен ауыстыру туралы келісімі.*

**ЖАҢАРТУ**[1] зат. инф. <ағыл. update> *Жаңа талапқа сай болуы үшін мәлімет файлдарына немесе жүйелерге енгізілген өзгертулер (модификация).*

**ЖАҢАРТУ**[2] *Жаңарт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢАРТУШЫ** зат. *Жаңалық әкелуші, өзгертуші.*

**ЖАҢАРТУШЫЛЫҚ** сын. *Жаңалық әкелушілік, басқаша өзгеріс кіргізушілік.*

**ЖАҢАРТЫЛ=** ет. **1.** *Жаңаға алмастырылу, ауыстырылу.* **2.** *Жаңалану, өзгертілу.*

**ЖАҢАРТЫЛМАЛЫ** сын. *Жаңартылып отыратын.*

**Жаңартылмалы несие**. экон. *Капиталдар рыноғындағы жағдайдың өзгеруін ескере отырып, тоқсан сайын немесе басқадай дүркіндік түзету енгізіліп отыратын өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша берілетін несие.*

**ЖАҢАРТЫЛУ** *Жаңартыл етістігінің қимыл атауы; жақсартылу.*

**ЖАҢАРТЫС=** ет. *Қоныс ауыстырысу, жұрт жаңаласу.*

**ЖАҢАРТЫСУ** *Жаңартыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢАРУ** *Жаңар етістігінің қимыл атауы; жақсару, өзгеру, құлпыру.*

**ЖАҢАРЫМ** зат. *Қазіргі заманға сай білім мен ғылым салаларындағы жаңа технологиялар мен жаңалықтар; жаңартпа, инновация.*

**ЖАҢАРЫС=** ет. *Бірге өзгеру, жаңалану.*

**ЖАҢАША** үст. **1.** *Басқа жағынан, бұрынғыдан бөлек.* **2.** *Жаңа жолмен, басқаша.*

**ЖАҢАШАЛА=** ет. *Жаңа заңмен, жаңа жолмен жүру.*

**ЖАҢАШАЛАУ** *Жаңашала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢАШЕРІКТЕР** зат. тар. *XIV ғасырда пайда болып, 1826 жылы II Махмұд сұлтан кезінде таратылған Осман империясы сұлтанының жеке әскері мен оққағарларын құраған әскери топ.*

**ЖАҢАШЫЛ** сын. **1.** *Жаңалықты жақтаушы, жаңаға құмар.* **2.** кіт. *Қайсыбір қызмет саласында жаңа, ілгерішіл қағидаттарды, идеяларды, тәсілдерді енгізуші және жүзеге асырушы (адам).* **3.** кіт. *Тәуекел мен экспериментке бейім, табысы жоғары және әлеуметтік мәртебесі биік топқа жататын сатып алушы.*

**ЖАҢАШЫЛДЫҚ** зат. *Тыңнан жаңа мәселе қоюшылық, ізденімпаздық.*

**Жаңашылдық және дәстүр**. әдеб. *Әдеби процеске тән жалғастықты, жазу шығармашылығындағы халықтық үлгілер мен өзіндік соны сипат-қасиеттердің бірлігін танытатын ұғым қалыптасып, сұрыпталған көзқарас, түсініктер, көркемдік үлгі-өрнектер, тәсілдер.*

**ЖАҢБАҚТАЙ-ЖАҢБАҚТАЙ** үст. жерг. *Теңбіл-теңбіл, ойдым-ойдым.*

**ЖАҢБЫР** зат. *Бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары.*

**Жаңбыр ағындысы.** сушар. *Су жиналу алабына өзен суы мен жаңбыр жауғаннан жиналған су.* **Жаңбыр көрмеді.** *Көп уақыт жаңбыр жаумай, құрғақшылық болды.* **Жаңбыр қарқындылығы.** сушар. *Ылғалдың сіңу шамасы белгілі бір уақыттағы жаңбыр қарқындылығы мен сол жерге белгіленген мөлшері, суару нормасының берілуі.* **Жаңбыр мандам.** вет. *Жылқының мандам ауруының тұла бойға қаптап, бөртуі.* **Жаңбыр өлшеуіш.** сушар. *Жер бетіне түсетін жауын-шашын мөлшерін өлшеуге арналған құрал.* **Жаңбыр тасқыны.** сушар. *Қысқа әрі қатты жаңбырдан болатын, өзеннің белгілі бір тұсындағы су деңгейінің тез әрі қысқа мерзімдік көтерілуімен және тап осындай тез тартылуымен аяқталатын құбылыс.* **Жаңбыр ығы**. сушар. *Жаңбыр аз болатын, негізінен жел жақ беттегі ылғалды ауа ағыстары мен конденсацияланатын жауын-шашынды ұстап қалатын ық жақ беткейлер және ірі тау жоталарының солаға жанасатын аумақтары.*

**ЖАҢБЫРДАЙ** сын. **1.** *Жаңбыр тәрізді (үсті-үстіне төпеу, бас көтертпеу).* **2.** ауыс. *Үйіп-төгіп, бастырмалату.*

**Жаңбырдай жаудырды.** *Үсті-үстіне боратып жіберді.*

**ЖАҢБЫРЛА=** ет. *Жаңбыр жауу, жаңбыр құю.*

**ЖАҢБЫРЛАТ=** ет. **1.** *Үзбей жауу, толастамау.* **2.** сушар. *Бүрке шашу, шашырата құю.* **3.** *Жаңбырмен қабаттасу, жауын-шашынға қарамай қатарласу.*

**Жаңбырлата суармалау**. сушар. *Егістік жердің топырақ пен өсімдік бетіне суды қысыммен арнаулы жаңбырлатқыш құрылғы арқылы жасанды жаңбыр түрінде беру тәсілі.*

**ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ** зат. сушар. *Су шашқыш, су сепкіш.*

**Жаңбырлатқыш агрегат.** сушар. *Өзі жүретін тіреуіштерден және жаңбырлатқыш құрылғымен бірге орнатылған сорғыш құралдардан тұратын агрегат.* **Жаңбырлатқыш аппарат.** сушар. *Жасанды жаңбыр тамшыларымен жерді, ауаны ылғалдандыратын жылжымалы элементті құрылғы.* **Жаңбырлатқыш жүйе.** сушар. *Ауылшаруашылығы дақылдарын жаңбырлатып суландыруға арналған құрылымдар мен қондырғылар жүйесі.* **Жаңбырлатқыш қондырғы.** сушар. *Ауылшаруашылық дақылдарын бір позициядан жаңбырлата суаруға арналған қондырғы.* **Жаңбырлатқыш мәшине.** ауылшар. *Ауылшаруашылық дақылдарын жаңбырлатып (тамшылатып) суаруға арналған қондырғы.*

**ЖАҢБЫРЛАТУ** *Жаңбырлат етістігінің қимыл атауы, жаңбырдың құюы.*

**ЖАҢБЫРЛЫ** сын. *Жаңбыры қалың, жаңбыры көп.*

**ЖАҢБЫРЛЫҚ**[1] зат. *Жауын-шашынға киетін жеңіл күртеше.*

**ЖАҢБЫРЛЫҚ**[2] зат. *Жылқының сауырындағы ойыстау тұсы, суағары.*

**Жаңбырлығы жабық.** *Қоңды, сауыры тұтас, семіз.* **Жаңбырлығы қазылу**. *Жылқының арықтауы, етінің ояздануы.*

**ЖАҢБЫРЛЫ-ШАШЫНДЫ** сын. *Ауа райы қолайсыз, жауынды-шашынды.*

**ЖАҢБЫРСЫЗ** сын. *Күн ашық, жаңбыры жоқ.*

**ЖАҢБЫРША** үст. *Жаңбыр секілді, үдей, екпіндей, қарқындай.*

**Жаңбырша [жаңбырдай] жауды.** *Бір нәрсенің қаптап кетуі, мол түсуі.*

**ЖАҢБЫР-ШАШЫН** зат. *Жауын, аспаннан бөлінетін су тамшысы.*

**ЖАҢҒАҚ**[1] зат. өс. <лат. jyglans> **1.** *Жаңғақ тұқымдасына жататын қос жарнақты көпжылдық ағаш.* **2.** *Жаңғақ ағашының сыртқы қабыршағы қатты жемісі.*

**ЖАҢҒАҚ**[2] зат. жерг. *Есік, терезенің кәсегі.*

**ЖАҢҒАҚТАЙ** сын. **1.** *Жаңғақ сияқты.* **2.** *Қатты, мықты.*

**ЖАҢҒАҚТЫ** сын. *Жаңғағы бар, жаңғақ өскен.*

**Жаңғақты лотос.** өс. <лат. nelumbo nuciferum> *Лотос тұқымдасына жататын қос жарнақты, көпжылдық су өсімдігі.*

**ЖАҢҒАҚША**[1] зат. *Бір ғана бөлікті дәннен тұратын жаңғақтың кішкентай түрі.*

**ЖАҢҒАҚША**[2] үст. *Жаңғақ сияқты, жаңғақтай.*

**ЖАҢҒАЛАҚ** сын. **1.** *Ұшқалақ, шыдамсыз.* **2.** *Ұмытшақ.*

**ЖАҢҒАЛАҚТА=** ет. *Асып-сасып, ұшқалақтанып сөйлеу.*

**ЖАҢҒАЛАҚТАН=** ет. *Ұшқалақтану, тынышсыздану.*

**ЖАҢҒАЛАҚТАНУ** *Жаңғалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒАЛАҚТАУ** сын. *Ұшқалақтау, жеңілтектеу, ойы шолақтау.*

**ЖАҢҒАЛАҚТЫҚ** зат. **1.** *Ұшқалақтық, шыдамсыздық, шолақ ойлылық.* **2.** *Ұмытшақтық.*

**ЖАҢҒАСТЫР=** ет. жерг. ***Жалғастыру.***

**ЖАҢҒАСТЫРУ** *Жаңғастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫЗ** сын. сөйл. ***Жалғыз.***

**ЖАҢҒЫЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Жалғыздық.***

**ЖАҢҒЫЗ-ЖАРЫМ** сын. сөйл. ***Жалғыз-жарым.***

**ЖАҢҒЫЗСЫРА=** ет. сөйл. ***Жалғызсыра.***

**ЖАҢҒЫЗЫМ** зат. сөйл. ***Жалғызым.***

**ЖАҢҒЫЗІЛІКТІ** сын. сөйл. ***Жалғызілікті.***

**ЖАҢҒЫР=** ет. **1.** *Дыбыстардың бірдеңеге соқтығысып барып қаттырақ естілуі.* **2.** ауыс. *Жаңару, өзгеру.* **3.** ауыс. *Гүлдену, құлпыру.* **4.** ауыс. *Жаңаша сипат, мағына алу, қолданысқа қайта түсу.* **5.** ауыс. *Қайта қозу, еске түсу.*

**Жаңғырған жер бедері.** геогр. *Гетоникалық қозғалыстардың, эрозиялық және денудациялық әрекеттердің нәтижесінде сапалық өзгерістерге ұшыраған жердің беткі пішіні.*

**ЖАҢҒЫРТ=** ет. **1.** *Салдырлатып-күлдірлету, жаңғырықтыру, басына көтеру; у-шу қылу.* **2.** ауыс. *Өмірін өзгерту, жақсарту, қайта жаңарту.* **3.** ауыс. *Атын шығару, есімін елге паш ету.*

**ЖАҢҒЫРТҚЫШ** зат. *Дыбысты қайта шығарғыш құрал.*

**ЖАҢҒЫРТТЫР=** ет. *Жаңғырықтыру, дауысты қатты соқтығыспен шығару.*

**ЖАҢҒЫРТТЫРУ** *Жаңғырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫРТУ=** ет. *Белгілі бір дүниені, халықтық мұраны жаңарту, қайта өңдеу.*

**ЖАҢҒЫРТУШЫ** зат. *Жаңартушы, қайта тірілтуші, жалғастырушы.*

**ЖАҢҒЫРТЫЛ=** ет. *Қайта жаңартылу, қайта қалпына келтірілу.*

**ЖАҢҒЫРТЫЛМАЛЫ: жаңғыртылмалы несие.** экон. *Несие капиталдарының ұлттық және дүниежүзілік рыноктарында қолданылатын, жаңғыртылатын несие.*

**ЖАҢҒЫРТЫЛУ** *Жаңғыртыл егістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫРТЫНДЫ** зат. *Ескі резеңке бұйымдарды арнайы өңдегенде шығаратын өнім; қайтадан вулканизациялап, жаңа резеңке бұйымдарын алу.*

**ЖАҢҒЫРУ**[1] зат. *Өзгеріс, алмасу, жандану.*

**ЖАҢҒЫРУ**[2] *Жаңғыр етістігінің қимыл атауы; жаңару, толығу, жаңамен алмасу.*

**ЖАҢҒЫРШАҚ** зат. *Жаңғырық, жаңғырып шыққан дауыс.*

**ЖАҢҒЫРШАҚТАН=** ет. *Дауыстың жаңғыруынан анық естілмеу, әлсіз, күмескі естілу.*

**ЖАҢҒЫРШАҚТАНУ** *Жаңғыршақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫРЫҒУ** *Жаңғырық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дыбыстың жаңғыра қатты естілуі.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің қайта көрініс табуы.*

**ЖАҢҒЫРЫҚ**[1] зат. <грек. esho> **1.** физ. *Дыбыстың бірденеге соқтығысуынан болған, күмбірлеп екінші жерде қайталап естілген дыбыс, дауыс.* **2.** инф. *Дестелік файлдарды орындау кезінде экранға әрбір команданы жолма-жол жаңғырық түрінде қайталап шығарып көрсету тәсілі.*

**ЖАҢҒЫРЫҚ**[2] зат. жерг. *Отын жарғанда астына қоятын дөңгелек ағаш.*

**ЖАҢҒЫРЫҚ**[3] сын. *Қатты, жаңғырып шыққан.*

**ЖАҢҒЫРЫҚ=** ет. **1.** *Дыбыстың бірдеңеге қақтығысып қайта естілуі.* **2.** ауыс. *Жаңғыру, гүлдену, құлпыру.* **3.** ауыс. *Есіне түсу, ойға оралу.*

**ЖАҢҒЫРЫҚҚАН** сын. *Қатты шыққан, шулаған, айғайлаған.*

**ЖАҢҒЫРЫҚТАЙ** сын. *Жаңғырық сияқты, жаңғырыққа ұқсас.*

**ЖАҢҒЫРЫҚТЫР=** ет. *Дыбыстардың бірдеңеге соқтығысып жаңғырып естілуі.*

**ЖАҢҒЫРЫҚТЫРУ** *Жаңғырықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫРЫҚША** үст. *Жаңғырық секілді, жаңғырық тәрізденіп, күбірлей.*

**ЖАҢҒЫРЫМПАЗ** сын. *Құлпырған, гүлденген, жаңарғыш.*

**ЖАҢҒЫРЫС=** ет. *Әртүрлі дыбыстардың қатар естілуі.*

**ЖАҢҒЫРЫСУ** *Жаңғырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҒЫШАҚ** зат. *Бомба, снаряд, ағаш сияқты заттардан бөлінген сынықтар.*

**ЖАҢ-ЖҰҢ** елік. сөйл. ***Шаң-шұң.***

**ЖАҢҚА** зат. **1.** *Ағаш жарғанда не өңдегенде түсетін ірілі-уақты жұқа кесінділер.* **2.** *Металл жаңғышағы.* **3.** ауыс. *Бір заттың сынығы, бөлігі, үзімі. // Быт-шыт, құл-талқан.*

**Жаңқа құрлы көрмеді.** *Бұйым көрмеді.*

**ЖАҢҚАДАЙ** сын. **1.** *Жаңқа тәрізді.* **2.** ауыс. *Таза, күнәсіз.* **3.** ауыс. *Титтей, үзімдей, азғантай.*

**Жаңқадай дөңгелету**. *Бұйым құрлы көрмеу, қаңбақтай ұшыру.* **Жаңқадай жарылу**. *Парша-паршасы шығу.* **Жаңқадай жұқа**. *Жұпжұқа.* **Жаңқадай ойнақтау**. *Қалт-құлт ету, шайқалақтау.*

**ЖАҢҚА-ЖАҢҚА** сын. *Желініп мұжылған, жаңқасы шыққан.*

**ЖАҢҚАЛА=** ет. **1.** *Жұқалап шауып, жаңқа түсіру.* **2.** ауыс. *Титықтату, мұжу, шаршату.*

**ЖАҢҚАЛАН=** ет. *Майдалану, жұқалану, ұсақталу.*

**ЖАҢҚАЛАНУ** *Жаңқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢҚА-ПАҢҚА** зат. қарап. *Жаңқа сияқты әлдебір заттар.*

**ЖАҢҚАУЫҚ** зат. сөйл. ***Жаңқашық, ұсақ жаңқа.***

**ЖАҢҚАУЫҚТАЙ** сын. сөйл. *Жаңқашықтай.*

**ЖАҢҚАША** үст. *Жаңқа тәрізденіп.*

**ЖАҢСА** зат. жерг. *Жайын балықтың құйрық жағының еті.*

**ЖАҢСАҚ** сын. *Жаңылыс, теріс, қате.*

**Жаңсақ [жаңылыс] [кетті] басты.** *Дұрыс істемеді, жаңылыс кетті.*

**ЖАҢСАҚТА=** ет. *Қателесу, жаңылысу.*

**ЖАҢСАҚТАС=** ет. сөйл. ***Жаңылысу***.

**ЖАҢСАҚТАТ=** ет. *Ойын селсоқтата жеткізу, ашып айтпау.*

**ЖАҢСАҚТАТУ** *Жаңсақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢСАҚТАУ**[1] *Жаңсақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢСАҚТАУ**[2] сын. *Жаңылыстау, қателеу.*

**ЖАҢСАҚТЫҚ** зат. *Ағаттық, қателік.*

**ЖАҢЫЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің жүйесінен шығып, шатысу.* **2.** *Дұрыс істемеу, қателесу.* **3.** ауыс. *Алған бағытынан өзгеру, ауытқу.*

**ЖАҢЫЛҒЫШ** сын. *Жаңыла бергіш.*

**ЖАҢЫЛҒЫШТЫҚ** зат. *Жаңыла бергіштік.*

**ЖАҢЫЛДА=** ет. *Дабырлау, шулау.*

**ЖАҢЫЛДАС=** ет. *Керісу, жағаласу, ерегісу.*

**ЖАҢЫЛДЫР=** ет. *Шатастыру, ақылынан адастыру.*

**ЖАҢЫЛДЫРҒЫШ** сын. *Оңай жаңылдыратын.*

**ЖАҢЫЛДЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Жаңылдыруға бейімділік.*

**ЖАҢЫЛДЫРТ=** ет. *Ойын айтқызбай, шатастыру.*

**ЖАҢЫЛДЫРТУ** *Жаңылдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҢЫЛДЫРУ** *Жаңылдыр етістігінің қимыл атауы; адастыру.*

**ЖАҢЫЛТ=** ет. **1.** *Адастыру, алдау.* **2.** ауыс. *Сөзінен шатастыру, білгенінен жаңылдыру.* **3.** ауыс. *Ақылынан адастыру, састыру.*

**ЖАҢЫЛТҚЫШ** сын. *Жаңылдыра бергіш.* ≈ *Жаңылтқыш* есеп.

**ЖАҢЫЛТҚЫШТЫҚ** зат. *Жаңылдыра бергіштік.*

**ЖАҢЫЛТПАШ** зат. **1.** әдеб. *Айтуға қиын тиетін сөз тіркестерінен құралған ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанр.* **2.** ауыс. *Белгісіз, түсініксіздеу, күмескілеу.*

**ЖАҢЫЛТУ** *Жаңылт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жолынан адастыру.* **2.** *Сөзінен адастыру, ойын шатастыру.*

**ЖАҢЫЛУ** *Жаңыл етістігінің қимыл атауы; шатасу, қателесу.*

**ЖАҢЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Жаңылып кетушілік.*

**ЖАҢЫЛШАҚ** сын. *Көп жаңыла беретін, жаңылғыш.*

**ЖАҢЫЛЫҚТА** үст. жерг. ***Жақында.***

**ЖАҢЫЛЫП-ЖАЗ=** ет. *Жаза басу, жазықты болу.*

**ЖАҢЫЛЫС** сын. *Жаңсақ, шалыс, қате, ағат.*

**ЖАҢЫЛЫС=** ет. **1.** *Қателесу, шатасу.* **2.** ауыс. *Адасу, аяғын шалыс басу.* **Жаңылыс басты.** *Ағаттық жіберді, дұрыс істемеді.*

**ЖАҢЫЛЫСҚЫШ** сын. *Жаңылыса беретін, шатасқыш.*

**ЖАҢЫЛЫСҚЫШТЫҚ** зат. *Жаңылыса беретіндік.*

**ЖАҢЫЛЫССЫЗ** сын. *Қатесіз, мүлтіксіз.*

**ЖАҢЫЛЫСТЫР=** ет. *Шатастыру, есебінен айыру, қателестіру.*

**ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШ** сын. *Жаңылыстыра бергіш.*

**ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Жаңылыстыра бергіштік.*

**ЖАҢЫЛЫСТЫРУ** *Жаңылыстыр етістігінің қимыл атауы; ойынан шатастыру.*

**ЖАҢЫЛЫСУ** *Жаңылыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қателесу, шатасу.* **2.** инф. *Есептеу жабдығындағы кездейсоқ, ретсіз пайда болатын қате.*

**ЖАҢЫРАТ=** ет. сөйл. *Жаңғырту, басына көтеру.*

**ЖАҢЫРАТУ** *Жаңырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАП** зат. кәс. *Егістікке су жіберу үшін екі жиегіне топырақ үйіп жасайтын жіңішке арық.*

**Жап көтерді.** *Арықша жүргізді.* **Жап қазды.** *Қыр тартып, арық жасады.*

**ЖАП=** ет. **1.** *Бір заттың аузын ашық қалдырмау, бекіту.* **2.** *Адамның, жан-жануардың т.б. үстін жамылғымен бүркеу, бастыру.* **3.** *Кітаптың бетін ашық қалдырмау, жинастыру.* **4.** *Бұлт, не жалын торлау, басу.* **5.** *Жер бетін қар т.б. басу, бүркеу.* **6.** ауыс. *Мекеменің я ұйымның жұмысын біржолата тоқтату, доғару.* **7.** ауыс. *Аяқтау, бітіру.* **8.** ауыс. *Жабыла күш жұмсау, ұйымдасу, қаптау.* **9.** ауыс. *Өзі істеген істі өзгеге аудару, басқа адамды кінәлі етіп көрсету.* **10.** ауыс. *Орнын толтыру, құю, төлеу.* **11.** ауыс. *Түрмеге отырғызып қою, қамау.* **12.** ауыс. *Сыр ашпау, жасыру.* **13.** ауыс. *Орнын басу, ауыстыру.*

**Жабу жапты.** *Көлікті жабулады, кежім салды.* **Жап аузыңды!** эмоц. *Өшір үніңді, дымыңды шығарма, сөйлеуіңді тоқтат!* **Жапқан [жабылған] күнә.** *Жала, бәле.*

**ЖАПА**[1] [ар. جفاء] зат. *Бастан кешкен ауыртпалық; қиыншылық.*

**Жапа көрді.** *Біреудің қиянаты мен озбырлығынан қорлық шекті, әбден қиналды.* **Жапа тартты.** *Қиыншылық көрді, қорлық көрді.* **Жапа шекті.** *Зорлық-зомбылық көрді, қиыншылықтың азабын тартты.*

**ЖАПА**[2] зат. *Сиыр малының үйме, жас тезегі.*

**ЖАПА**[3] зат. жерг. ***Жаппа.***

**ЖАПАДАЙ** сын. *Жапа сияқты, жалпиған.*

**ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ** сын. *Жапа-жалғыз, жалғыз өзі ғана.*

**ЖАПА-ЖАЛҒЫЗ** сын. **1.** *Өзінен басқа ешкім жоқ; жалғыздан-жалғыз.* **2.** *Бір ғана; жеке өзі.*

**ЖАПА-ЖАЛҚЫ** сын. *Бір өзі, жалғыз.*

**ЖАПА-ЗӘБІР** зат. *Ауыртпалық, тауқымет.*

**ЖАПАҚ** зат. биол. <лат. nanophyton> *Алабұта тұқымдасына жататын көпжылдық бұташық өсімдіктер туысы.*

**ЖАПАҚ-ЖАПАҚ** елік. *Көзін жыпылықтатып, жасқана қарауды бейнелейтін сөз.*

**ЖАПАҚТА=** ет. *Ыңғайсызданып көзін жыпылықтату; жапақ-жапақ ету.*

**ЖАПАҚТАС**[1]**=** ет. *Сасқалақтау, асып-сасу, жампаңдасу.*

**ЖАПАҚТАС**[2]**=** ет. жерг. *Жақындасу, сөйлесу, дидарласу.*

**ЖАПАҚТАСУ** *Жапақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПАҚТАТ=** ет. *Көзін жыпылықтату, ыңғайсыздана қарау.*

**ЖАПАҚТАТУ** *Жапақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПАҚТАУ** *Жапақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жапақ-жапақ ету.* **2.** ауыс. *Бәйек болу, асты-үстіне түсу.*

**ЖАПАЛ** зат. өс. <лат. cynanchum> *Сулы жерлерде, өзен бойларында өсетін, биіктігі 100 см-дей ащы шөп немесе бұта.*

**ЖАПАЛА=** ет. **1.** *Үйіп-төгіп тезектеу, қалдық тастау.* **2.** *Жас тезектен жапа соғу, қалау.* **3.** ауыс. *Үсті-үстіне үдемелеу, үйіліп-төгілу.*

**ЖАПАЛАҚ** зат. зоол. <лат. striges> **1.** *Үлпілдек қауырсынды, үкі тәріздес, жыртқыш түн құсы.* **2.** ауыс. *Сүйкімсіз, нашар адам.*

**Жапалақ көз.** *Үрке қарайтын үлкен көз.* **Жапалақ қар.** *Ірі-ірі болып жауған қар.* **Жапалақ сары.** *Үрпек сары.* **Жапалақ тәрізділер.** зоол. <лат. strigiformes> *Түнде тіршілік етуге бейімделген жыртқыш құстар отряды.* **Жапалақ ұшпас жапан.** *Құлазыған дала, мидай айдала.*

**ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ[1]: жапалақ-жапалақ қар.** *Ірі-ірі, жалпақ-жалпақ қар түйіршігі.*

**ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ[2]** еліk. ***Жапақ-жапақ.***

**ЖАПАЛАҚТА=** ет. *Үйіліп-төгіліп, жапалақ-жапалақ болып қар түсу, жауу.*

**ЖАПАЛАҚТАЙ** сын. *Жапалақ сияқты.*

**ЖАПАЛАҚТАТ=** ет. *Қардың жапалақ-жапалақ болып ұшқындата жаууы.*

**ЖАПАЛАҚТАТУ** *Жапалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПАЛАҚША** үст. *Жапалаққа ұқсап.*

**ЖАПАЛАН=** ет. *Өзіне-өзі бейнет табу, бейнеттену.*

**ЖАПАЛАНУ** *Жапалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПАЛАНУШЫ** зат. *Жәбір-жапа шегуші, азаптанушы.*

**ЖАПАЛАП** үст. сөйл. *Жапалақтап.*

**ЖАПАЛАТ=** ет. **1.** *Малды тезектетіп, қалдық тастатып алу.* **2.** *Үйіп-төгіп қар жауу.*

**ЖАПАЛАТУ** *Жапалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Малды *жапалату.*

**ЖАПАЛЫ** сын. *Зәбір көрген, жапалы өмір кешкен, жапа шеккен.*

**ЖАПАЛЫҚ** зат. *Жапа шегушілік.*

**ЖАПАН[1]** зат. *Адам жөнді қоныстанбаған ашық жер, бос жатқан мекен, айдала.*

**Жапан дала.** а) *Елден жырақ жатқан жер, елсіз мекен.* ә) *Елсіз, игерілмей жатқан кең жер.* **Жапанды жұмақ етті.** *Құлазыған жерлерді игерді, көркейтті.* **Жапан кезді.** *Ел аралады, жер көрді.* **Жапан [дүз] түз.** *Жазық кеңістік; елсіз дала.*

**ЖАПАН[2]** сын. жерг. *Жабайы.*

**ЖАПАН-БАЙТАҚ** сын. *Елсіз, мекенсіз, еш қоныссыз.*

**ЖАПАНДАЙ** сын. *Елсіз даладай.*

**ЖАПАН-ЖАЛҒЫЗ** сын. сөйл. *Жапа-жалғыз.*

**ЖАПАҢ** сын. сөйл. **1.** *Елсіз, мекенсіз.* **2.** *Жыпылықтаған.*

**ЖАПАҢДА=** ет. сөйл. ***Жапақта.***

**ЖАПАҢДАУ** *Жапаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПАР** зат. сөйл. ***Жаппар.***

**Жапар Құдай.** *Алла тағала, жаратқан әмірші, Тәңірі.*

**ЖАПАРЛАС=** ет. ***Жапырласу.***

**ЖАПАС** зат. жерг. *Тезек, күнге әбден күйіп кураған тезек.*

**ЖАПАТАЙ** зат. жерг. *Ер адамның бас киімі.*

**ЖАПА-ТАРМАҒАЙ** үст. *Тұс-тұстан ентелей, анталай, киліге; жаппай, бәрі бірдей.*

**ЖАПА-ТАРМАҒАЙЛА=** ет. *Жан-жақтан анталау.*

**ЖАПАТАРЫМ** үст. сөйл. ***Жапа-тармағай.***

**ЖАПА-ШЕР** зат. *Азап, қайғы, мұң, қиыншылық.*

**ЖАПБАР** зат. сөйл. ***Жаппар.***

**ЖАП-ЖАДАҒАЙ** сын. *Теп-тегіс, жап-жазық.*

**ЖАП-ЖАЗЫҚ** сын. *Теп-тегіс, ой-қыратсыз.*

**ЖАП-ЖАЙ** үст. сөйл. ***Жайдан-жай.***

**ЖАП-ЖАЙБАРАҚАТ** үст. *Ештеңе болмағандай.*

**ЖАП-ЖАЙДАҚ** сын. *Жап-жадағай, теп-тегіс.*

**ЖАП-ЖАЙЛЫ** сын. **1.** *Жағдайлы, өте ыңғайлы, қолайлы.* **2.** *Бірсыдырғы.* **3.** *Жағымды.*

**ЖАП-ЖАҚСЫ** сын. *Әп-әдемі, тәп-тәуір.*

**ЖАП-ЖАҚЫН** сын. *Тап-таяу, тіптен жақын.*

**ЖАП-ЖАЛАҢ** сын. **1.** *Жұп-жұқа, жеп-жеңіл.* **2.** *Жалаңаш, тап-тақыр.*

**ЖАП-ЖАЛАҢАШ** сын. **1.** *Киімсіз, лыпасыз.* **2.** ауыс. *Еш нәрсе өспеген, түлдырсыз.* **3.** ауыс. *Қынаптан суырылған; жалаңаш.*

**ЖАП-ЖАЛАҢАШТЫҚ** зат. **1.** *Жалаңаш қалушылық; жарлылық.* **2.** *Ағашы, көгалы жоқ, қу тақыр.*

**ЖАП-ЖАЛҒЫЗ** сын. ***Жапа-жалғыз.***

**ЖАП-ЖАЛПАҚ** сын. *Жайылып, жазылып жатқан, кең, жазық.*

**ЖАП-ЖАЛТЫР** сын. *Бұдыры жоқ, теп-тегіс; айнадай.*

**Жап-жалтыр құз.** *Жалама, қия төс.*

**ЖАП-ЖАМАН** сын. *Жағымсыз, өте сүйкімсіз.*

**ЖАП-ЖАҢА[1]** сын. **1.** *Әлі көп пайдаланылмаған; су жаңа.* **2.** ауыс. поэт. *Ғажап, кіршіксіз.*

**ЖАП-ЖАҢА[2]** үст. *Әлгінде ғана, жаңа ғана.*

**ЖАП-ЖАРАСТЫҚТЫ** сын. *Үнасымды, жарасты.*

**ЖАП-ЖАРАСЫМДЫ** сын. *Үнасымды, үйлесімді, сәнді.*

**ЖАП-ЖАРАУ** сын. *Арықтап, ысылған, еті тартылған; жараған.*

**Жап-жарау ат.** *Еті ояз тартқан, жараған ат.*

**ЖАП-ЖАРҚЫН** сын. **1.** *Жарық, жарқырап, жайнап тұрған.* **2.** ауыс. *Көңілі көтеріңкі, көңілді.*

**ЖАП-ЖАРЫҚ** сын. **1.** *Жарығы мол; жарқыраған.* **2.** ауыс. *Нұрлы, парасатты.*

**Жап-жарық дүние.** *Сыры мәлім, құпиясы жоқ.*

**ЖАП-ЖАС** сын. **1.** *Кемеліне келмеген, ер жетіп есеймеген; балғын, уылжыған.* // *Кемеліне келмеген, ер жетіп есеймеген кез, балғын шақ.* **2.** ауыс. *Құлпырған, жайнаған, көрікті.*

**Жап-жас басымен.** *Жасы кіші болғанымен, әлі жас болса да.*

**ЖАП-ЖАСЫЛ** сын. **1.** *Ашық жасыл түсті.* **2.** *Жасылға бөленген; көктеп-көгерген.*

**ЖАП-ЖАТЫҚ** сын. **1.** *Икемді, ысылған, төселген.* **2.** *Машыққан, жаттыққан.*

**Жап-жатық мінез.** *Жайдары, биязы, жұмсақ мінез.*

**ЖАПҚЫ[1]** зат. тех. *Ауа, газ жүретін құбырлар мен түтіктерді жартылай не толық жабу үшін қолданылатын металдан жасалған жұқа қалақша.*

**ЖАПҚЫ[2]** сын. жерг. ***Жабық.***

**ЖАПҚЫЗ=** ет. **1.** *Бекіткізу, аштырмау.* **2.** ауыс. *Жұмыс істеуін тоқтатқызу.*

**ЖАПҚЫЗУ** *Жапқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПҚЫШ** зат. **1.** *Әртүрлі заттардың үстін жабуға, қалқалауға арналған жамылғы, перде.* **2.** *Шыбын-шіркейлерден қорғану үшін жасалған перде.* **3.** сушар. *Гидротехникалық имараттың су өткізгіш құрылыстарының беті мен табаны аралығындағы су көлемін реттеуші құрылғы.*

**ЖАПОН** зат. *Ұлт, күншығыстағы ел, Жапонияның байырғы халқы.*

**ЖАПОНДЫҚ** зат. *Жапон ұлтының азаматы, жапон елінің тұрғыны.*

**ЖАПОНШЫЛ** сын. *Жапонды қолдағыш, жапон жағында.*

**ЖАППА[1]** зат. **1.** *Уықтардың немесе екі керегенің басын түйістіріп, үстіне туырлық жапқан уақытша баспана.* // *Көшіп-қонуға қолайлы, керегесіз, қосты.* **2.** жерг. *Балшықтан, қыштан, тастан салынып, үсті жабылған қысқы үй, баспана.* **3.** *Қалқа, қорашық.*

**ЖАППА[2]** зат. сәулет. *Үй төбесін жабатын материал.*

**ЖАППА[3]: жаппа нан.** тамақ. *Қазанға жарып пісірілетін нан; қазантөңкерме.*

**ЖАППАЙ** үст. *Түгелдей, тегіс.*

**Жаппай ату.** әск. *Нысана шебіне көлденең бағытталған зеңбірек немесе тау қаруының атысы.* **Жаппай ату аймағы.** әск. *Қорғаныстағы әскерлер шабуылдаушы қарсыласты жою үшін алдын ала немесе ұрыс қимылдары барысында барлық қару түрлерінен тиімді атыс дайындап жүргізетін жергілікті жер жолағы.* **Жаппай жою қаруы.** әск. *Жаппай шығынға ұшырату немесе қирату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қару.* **Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғану.** әск. *Әскерлерді, тылдағы нысандарды ядролық, химиялық, биологиялық қарулардан қорғау, әскерлердің соғысқа қабілеттілігін сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы.*

**ЖАППАЛА=** ет. **1.** *Бірыңғай жаппа тігу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені жасыру, ойды құпия сақтау.*

**ЖАППАЛЫ[1]** сын. **1.** *Жаппасы бар, жаппа тіккен.* **2.** *Үсті жабылған, жабық.*

**ЖАППАЛЫ[2]** сын. **1.** *Ашып-жабатын; қақпақты.* **2.** *Жарма, жармалы (есік).*

**ЖАППАР** [ар. جبار] зат. діни. *Бар әлемді жаратушы, құдіретті Алла; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.*

**Жаппар Алла.** діни. *Жаратушы, жасаған.* **Жаппар ием.** діни. *Жаратушы, жан беруші (Алла).* **Жаппар Құдай.** діни. *Баршаны бар етуші (Алла).* **Жаппар құл.** *Құдайдың құлы, Құдайға жалбарынушы, пенде.* **Жаппар Хақ.** діни. *Шын қамқоршы, сүйеуші (Алла).*

**ЖАПСАҚ** зат. *Шаруа, жұмыс.*

**ЖАПСАР[1]** зат. **1.** этн. *Уық пен туырлықтың қиылысқан, түйіскен жері.* **2.** *Ыдыстың, басқа да заттардың құрама бөліктерінің қосылған, қиылысқан шегі, жақтауы.* **3.** *Босаға мен төр аралығы, тұсы.* **4.** *Ел мен елдің, ауыл мен ауылдың шекарасы, аралығы.* **5.** ауыс. *Тұтқиыл, қалтарыс, таса.*

**Жапсарын ашты.** *Аралары суыды, алыстады.* **Жапсарына іле кету.** *Өзімен бірге біреуді кінәлі етіп көрсету.*

**ЖАПСАРЛА=** ет. **1.** *Қатарластыру, іргелесу, жақын орналасу.* **2.** ауыс. *Екі нәрсені қабаттастыра істеу.*

**ЖАПСАРЛАС** сын. **1.** *Аралары жақын, қанаттас.* **2.** *Қабырғалас, іргелес, көршілес.*

**ЖАПСАРЛАС=** ет. *Астасу, қатарласу, қабаттасу.*

**ЖАПСАРЛАСТЫР=** ет. *Қатарластыру, іргелес, жақын орналастыру.*

**ЖАПСАРЛАСТЫРУ** *Жапсарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПСАРЛАСУ** *Жапсарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПСАРЛАТ=** ет. *Белгілі бір құрылысты өзара қатарластырып, жақындатып тұрғызу.*

**ЖАПСАРЛАТУ** *Жапсарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПСАРЛАУ** *Жапсарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПСАРЛЫҚ** сын. *Қатар, іргелес, жақын орналасқан.*

**Жапсарлық кендер**. кен. *Балқыған магманың шөгінді жыныстармен жанасқан шебінде түзілетін кенорындары.* **Жапсарлық метаморфтану**. геогр. *Әртүрлі тау жыныстарының тереңнен ығысып шыққан магмалық интрузия денелерінің жанасу әсерінен өзгеруі.*

**ЖАПСАРСЫЗ** сын. *Жапсары жоқ.*

**ЖАПСАРТӨС** зат. қолөнер. *Шаңырақтың екі жапсарын екі бөлек иіп, қажетті мөлшерге келтіріп алу үшін пайдаланылатын аспап.*

**ЖАПСАРШОРАЛАР** зат. **1.** *Карбонатты таужыныс қабаттары бетінде шағын-шағын көмпиме төмпешіктер жүйесі түрінде, ал осы қабаттардың тік қимасында бір-бірімен дәнекерлене бірегейленген шоралар жүйесі түрінде байқалатын астасу пішіні.* **2.** *Аймақтық және жалпы геологияда: "офилитті белдемдер" деп аталатын құрылымдық-формациялық белдемдердің геологиялық дамуы барысында осы белдемдер созылымына бойлас бағытта сағаланған өте қозғалмалы жарылымдар жүйесі.*

**ЖАПСЫР=** ет. **1.** *Жіппен, желіммен ұстату, бекіту.* **2.** *Тағу, қадау.* **3.** *Қосу, жамау.* **4.** ауыс. *Ертіп жүру, қасынан тастамау.* **5.** ауыс. *Қосақтау, таңу.* **6.** ауыс. *Пайдалану, қабылдау.* **7.** ауыс. *Қосып айту, ұлғайту.*

**ЖАПСЫРМА** зат. **1.** *Бір заттың бетіне жамала тігілетін жіңішке, қиық мата, таспа.* **2.** *Көлемі әртүрлі, металдан істелген жұқа бастырғы.* **3.** жерг. *Күректің басына сабын ендіру үшін оның екінші бетіне жапсыра қағылатын бір жағы ойыстау келген жалпақша темір.*

**Жапсырма қағаз.** экон. <лат. etiquette> *Құны, өндіріс орны, өнімнің сапасы туралы жазылған тауар сыртына жапсырылатын арнайы қағаз; этикетка.* **Жапсырма құлақ**. жерг. *Күректің аяқпен басатын жері.* **Жапсырма тігіс**. .кәс. *Жамау салғанда, әдіптердің шетін тіккенде, әдіп орнына астар салғанда қолданылатын тігіс түрі.*

**ЖАПСЫРТ=** ет. *Қосақтату, таңғызу, жаматтыру.*

**ЖАПСЫРТУ** *Жапсырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПСЫРУ**[1] *Жапсыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жамап-жасқау, желімдеу, ілу.* **2.** *Тағу, қадау.* **3.** *Үстемелеу, қосу.*

**ЖАПСЫРУ**[2] зат. спорт. *Көпірге түскен немесе басқа да қиын жағдайға тап болған қарсыласын жаншып, жауырынын кілемге тигізуге бағытталған балуанның қимылы.*

**ЖАПСЫРУЛЫ** сын. **1.** *Ілулі, қадаулы.* **2.** *Желімдеулі, қыстырулы.* **3.** *Тігулі.*

**ЖАПСЫРЫЛ=** ет. *Қабырғаға ілініп қойылу, желімделу.*

**ЖАПСЫРЫЛУ** *Жапсырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПТАС** сын. жерг. *Қатар, саптас, шектес, көршілес.*

**ЖАПТЫР=** ет. **1.** *Жан-жануардың, киіз үйдің үстін жамылғымен бастыру.* **2.** ауыс. *Түрмеге отырғызу, қамату.*

**ЖАПТЫРМА** зат. *Үсті жабылған баспаналық қалқа.*

**ЖАПТЫРМАУ** *Жаптырма етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫР=** ет. **1.** *Басып-жаншу, таптау.* **2.** ауыс. *Қырып-жою, талқандау.* **3.** ауыс. *Бір істі, жұмысты өндіре істеу, айпап жайпау.* **4.** ауыс. *Тамақты опырып жеу.* **5.** ауыс. *Баса-көктеу, киіп-жару, қирату.* **6.** ауыс. *Беталысын бұру, қайтару.* **7.** ауыс. *Ұйқы-түйқысын шығару, әптер-тәптер қылу.* **8.** ауыс. *Тұтастай бетті жуу.* **9.** ауыс. *Топтап-көптеп алу.* **10.** ауыс. *Майыстыру, мыжырайта басу.* **11.** ауыс. *Басып қайыру, жатқызу..*

**ЖАПЫРАЙ=** ет. **1.** *Жарбию, жатаған болу, аласару.* **2.** *Жаншылу, майысу, қисаю.* **3.** *Мыжыраю, жалпию.*

**ЖАПЫРАЙТ=** ет. **1.** *Баскиімді мыжырайтып, жалпитып кию.* **2.** *Үйді жер табандатып, жатаған етіп салу, құру.*

**ЖАПЫРАЙТУ** *Жапырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРАЙЫЛ=** ет. *Жер табандатылу, жарбию, жапыраю.*

**ЖАПЫРАЙЫЛУ** *Жапырайыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРАҚ** зат. **1.** *Өсімдіктің көктемде бүршік атып, көктеп, күзде сарғайып түсіп қалатын мүшесі.* **2.** бот. <лат folium> *Жоғары сатыдағы өсімдіктердің фотосинтез, газ алмасу, буландыру, қор жинау, көбею қызметтерін атқаратын өсу мүшесі.* **3.** қолөнер. *Жапырақ пішіндес ою түрі.* **4.** жерг. *Шүкір дейтін өсімдіктің түрі, атауы.* **5.** ауыс. *Бір заттың үзіндісі, бөліндісі.*

**Жапырағы жайқалды**. *Өсіп-өркендеді, көбейді.* **Жапырақ бақа.** зоол. <лат. phyllbates trinitatis>. *Бақаның кішкентай түрі.* **Жапырақ бүргесі**. бот. <лат. psyllinea> *Тең қанаттылар отрядына жататын зиянкес жәндік.* **Жапырақ жайды.** *Жапырағы өсті, көктеп көгерді; қаулап өсті.* **Жапырақ жарды**. *Құлпырды, жайқалды.* **Жапырақ жемірі**. биол. <лат. chrysomelidae> *Қатты қанаттылар отрядына жататын қоңыздардың бір тұқымдасы.* **Жапырақ мозайкасы.** бот. *Өсімдіктегі қалың шыққан жапырақ тақталарының үстіңгі беттері күн нұрына біркелкі төселе немесе мәнерлене жатуы.* **Жапырақ өркеш**. жерг. *Ағаштың жапырағы сияқты кішкене, жалғыз өркеш түйелерінің бірі.* **Жапырақ тастау**. бот. <лат. de – болмау, folium – жапырақ> *Химиялық препараттар арқылы өсімдіктердің жапырақтарын түсіру.* **Жапырақ ширатқыш көбелек**. зоол. <лат. tortricidae> *Қабыршақ қанаттылар отрядына жататын ұсақ көбелек.*

**ЖАПЫР-ЖАНШЫ=** ет. *Баса-көктеу, киіп-жару, басып-жаншу.*

**ЖАПЫРАҚ-ЖАПЫРАҚ** сын. **1.** *Жапырағы көп, жапырақтан тұратын.* **2.** *Жапалақ-жапалақ.* **3.** *Бөлек-бөлек, тілім-тілім.*

**ЖАПЫРАҚОТ** зат. өс. *Сабағы қысқа, жапырағы мол шөп.*

**ЖАПЫРАҚСЫЗ** сын. *Жапырағы түсіп қалған, жапырағы жоқ.*

**ЖАПЫРАҚТА=** ет. **1.** *Жапырақ өсу, жапырақ жаю.* **2.** ауыс. *Үлкендеу, жапырақ көлеміндей етіп қию.* **3.** ауыс. *Ірі-ірі етіп турау, кесектеп кесу.* **4.** ауыс. *Борша-борша ету; быт-шытын шығару.*

**ЖАПЫРАҚТАЙ** сын. **1.** *Жапырақ сияқты, жапырақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай, нәзік.*

**Жапырақтай [қояндай] қалтырады.** *Үрейі қалмай, қатты қорықты, зәресі ұшты.* **Жапырақтай солды**. *Қайғымен шөкті.*

**ЖАПЫРАҚТАЛ=** ет. *Жұқа етіліп, жапырақша туралу, ұсақ-ұсақ етіп кесілу.*

**ЖАПЫРАҚТАЛУ** *Жапырақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРАҚТАН=** ет. *Ағаштардың бүршік жарып, гүлденуі, жапырақ жаюы.*

**ЖАПЫРАҚТАНУ** *Жапырақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРАҚТАТ=** ет. жерг. *Бастырмалатып, жылдам жүру.*

**ЖАПЫРАҚТАУ**[1] *Жапырақта етістігінің қимыл атауы; жапырақ жаю.*

**ЖАПЫРАҚТАУ**[2] сын. жерг. *Аласалау.*

**ЖАПЫРАҚТАУЛЫ** сын. *Жапырақ-жапырақ етіп бөлген, жапырақтап жыртылған.*

**ЖАПЫРАҚТЕҢГЕ** зат. өс. *Таулы жерлерде өсетін кішілеу, дөңгелекше жапырағы бар аласалау өсімдік.*

**ЖАПЫРАҚТЫ** сын. **1.** *Көп жапырақ өскен, қалың жапырағы бар.* **2.** ауыс. *Жайқалған, көкорайлы.*

**ЖАПЫРАҚТЫЛЫҚ** зат. бот. *Жапырақ шығымдылығы.*

**ЖАПЫРАҚША**[1] зат. *Кішірек жапырақ.*

**ЖАПЫРАҚША**[2] үст. *Жапыраққа ұқсап, жапырақ сияқты.*

**ЖАПЫРАҚШАЙЫР** зат. сөйл. ***Шайыр.***

**ЖАПЫРАҚШАЛЫ** сын. *Жапырақшасы бар, жапырақшадан тұратын.*

**ЖАПЫР-ЖҰПЫР** үст. *Үйме-жүйме, апыл-ғұпыл.*

**ЖАПЫРЛА**[1]**=** ет. *Жаппай қимылдау, қатар қозғалу.*

**ЖАПЫРЛА**[2]**=** ет. сөйл. ***Жыпырла.***

**ЖАПЫРЛАС=** ет. **1.** *Кимелесу, жапыр-жұпыр үймелесу.* **2.** *Дабырласу, шуласу.*

**ЖАПЫРЛАСУ** *Жапырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРЛАТ=** ет. *Үйме-жүйме ету, талқандау.*

**ЖАПЫРЛАТУ** *Жапырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРУ** *Жапыр етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, талқандау.*

**ЖАПЫРЫҚ** сын. **1.** *Бір жағына қарай ойысқан, қисық.* **2.** ауыс. *Аласа, жапырайған.*

**Жапырық өркеш.** түйешар. *Көтерілмей бір жақ бүйіріне қарай қисайып жабыса жатқан өркеш.*

**ЖАПЫРЫЛ=** ет. *Тапталу, басылып-жаншылу, аяқасты болу.*

**Жүні жапырылып қалды.** *Жабықты, жүні жығылды.*

**ЖАПЫРЫЛА** үст. *Жаппай, түгелдей, тұтастай.*

**ЖАПЫРЫЛҒЫШ** сын. *Жапырыла бергіш, жапырылуға бейім.*

**ЖАПЫРЫЛУ** *Жапырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРЫЛЫС=** ет. *Кимелесу, үймелесу, қабаттасу.*

**ЖАПЫРЫЛЫСУ** *Жапырылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАПЫРЫНДЫ** сын. *Аяқасты болған, жапырылған.*

**ЖАПЫРЫП-ЖАЙПА=** ет. *Ұйқы-түйқысын шығару, әптер-тәптер қылу, баса-көктеу.*

**ЖАР**[1] зат. **1.** *Өзеннің опырылып, мұжылып құлаған тік жағасы.* **2.** жерг. *Үй қабырғасы.* **3.** ауыс. *Сүйеніш, тірек.*

**Жарға жықты [итерді, соқты].** *Пәлеге ұшыратты, жаманшылыққа итерді.* **Жарға құлатты [жықты, ұрындырды].** *Арандатты, айдап салып жолдан тайдырды, орға жықты (орға құлады), опасыздық істеді.* **Жарға ойнаған лақтай.** *Ештемеден қорқуды білмейтін, алаңсыз, ойнап-күлген.* **Жар көкірек.** *Тоң мойын, бірбет.* **Жар [қыр] қабақ.** *Биік, дөңес қабақ.*

**ЖАР**[2] зат. **1.** *Некелі ерлі-зайып, жұбай, қосақ.* **2.** *Сүйікті адам.*

**Жар болды**. *Сүйеді, демеді.* **Жар дегенде жалғыз.** *Сенері де, сүйенері де сол ғана деген мағынада.* **Жар есігін бермеді**. *Өмірлік серік бола алмады, қосыла алмады.* **Жар етті**. *Отасты, қосылды.* **Жар құшты.** *Үйлі-баранды болды, отбасын құрды.* **Жар сүйді.** *Ерлі-зайыпты болды, үйленді.* **Жар төсегі.** *Ерлі-зайыпты адамдардың қасиетті жатар орны.*

**ЖАР**[3] зат. *Бұйрық, жарлық.*

**Жар салды [таратты, шақырды, шашты].** *Жария етті, хабар таратты; жұртты ұранға көтерді.*

**ЖАР**[4] сан. жерг. *Жарты, жарым.*

**ЖАР**[5]**: мойны жар бермеді**. *Мұршасы келмеді, ерінді, жалқауланды, қолы тимеді.*

**ЖАР**[6]**: жар құлағы жастыққа тимеді.** *Тыным таппады, мазасызданды.*

**ЖАР=** ет. **1.** *Балта т.б. құралдармен ағашты кіші бөлшектерге бөлу; жаңқалау.* **2.** *Тілу, кесу.* **3.** ауыс. *Жарақаттау; өлтіру.* **4.** ауыс. *Ақтару.* **5.** ауыс. *Ортасымен жүру, қақ айырып өту.* **6.** ауыс. *Быт-шыт етіп бұзу; қирату.*

**Жарып жібергендей болды**. *Шамына тиді, ашуландырды.* **Жарып өтті.** *Басып озды, мүдірмей, сүрінбей шықты.* **Жарып салды**. а) *Малын сойып тастады.* ә) *Бет-жүзіне қарамады, бетке тура айтты.* **Жарып шықты**. *Көзге түсті, танылды.*

**ЖАРА**[1] зат. **1.** *Зардап шеккен дене бөлігі, жарақат.* **2.** *Қару-жарақ тиюі не апат кезінде зардап шеккен дене бөлігі.* **3.** ауыс. *Ауыртпалық, бейнет.* **4.** ауыс. *Қайғы-қасірет, мұң-зар.*

**Жараны жазды.** *Бір ауыр, қиын т.б. жағымсыз әсер, әрекеттен құтқарды, саламаттылық әкелді.* **Жараның аузын ашты [тырнады]**. *Ескі күйікті, дертті еске салды.* **Жараны тырнады.** *Ұмытылған реніште, күйікті, өкпені, т.б. қайта еске салып, мазасын кетірді.* **Жара салды**. *Қайғыға салды, уайымға қалдырды; көңілін алаң қылды.* **Жарасы жеңіл.** *Оңай, түк те емес.* **Жарасына май жақсаң да жазылмас.** *Түзелмес, қайта орнына келмес.* **Жара [жанына] түсті.** а) *Жара шықты, жараға айналды.* ә) *Қиналды, жүрегі ауырды.* **Жара тігіс.** кәс. *Киіз бөліктерін құрастырғанда, етіктің ұлтарағын, киіз байпақтың қонышын, табанын қаусырғанда, тері бұйымдарды тіккенде жиі қолданылатын, екі заттың шеттерін не астыңғы, не үстіңгі бір жақ қыртысынан ғана шаншып, инені сол шеттің ортасынан жара шығарып отырып тігетін тігіс түрі.*

**ЖАРА**[2] сын. сөйл. жерг. *Жарты, жартысы.*

**ЖАРА**[1]**=** ет. **1.** *Іске асу, кәдеге асу.* **2.** *Қажеттілікті өтеу, шамасы жету.* **3.** *Дұрыс болу, оңды болу.* **4.** *Жұмсау, тұтыну.*

**ЖАРА**[2]**=** ет. **1.** *Үлек пен бураның келеге түсер кезіндегі масаңсып беймазалануы, шаптығуы.* **2.** *Баптау арқылы аттың етін таралту, шыңықтыру.*

**Жараған аттай**. *Сып-сидам, ап-арық.*

**ЖАРАҒЫСЫЗ**: **іске жарағысыз**. *Түкке тұрғысыз, жарамсыз.*

**ЖАРАДАЙ** сын. *Жара сияқты, жара тәрізді.*

**Жарадай көрді.** *Жек көрді, жақтырмады.*

**ЖАРАДАР** сын. сөйл. ***Жаралы***. // *Жаралы адамдар.*

**Жарадар болды**. сөйл. жерг. *Жаралы болды, жарақат алды.*

**ЖАРА-ДЕРТ** зат. *Ауыр жарақат.*

**ЖАРА-ЖАРА** сын. *Үсті-басын жара басқан.*

**ЖАРАЙ** шыл. жерг. ***Қарай***.

**ЖАРАЙДЫ** мод. *Бір істі, әрекетті қолдау, құптау мағынасында жұмсалатын сөз.*

**ЖАРАКІМАЛДА** од. сөйл. ***Жәрекімалла***.

**ЖАРАКІМАЛЛА** [ар. جاركمالله] од. ***Жәрекімалла.***

**ЖАРАҚ** зат. **1.** *Жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман; қару-жарақ.* **2.** *Әртүрлі керек заттар мен қажетті нәрселер.*

**ЖАРАҚАТ** зат. **1.** *Адам не хайуан денесіне түскен жара, зақым.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, зардап шеккендік, қирағандық, бүлінгендік.* **3.** ауыс. *Азап, мұң-қайғы.*

**ЖАРАҚАТСЫЗ** сын. *Жарақаты жоқ, жарақат түспеген.*

**ЖАРАҚАТТА=** ет. *Жарақат салу; жаралау.*

**ЖАРАҚАТТАҒЫШ** сын. *Жарақат салғыш, жаралауға бейім.*

**ЖАРАҚАТТАН=** ет. *Жарақат алу, жаралану.*

**ЖАРАҚАТТАНДЫР=** ет. *Жараландыру, жарақат салдыру.*

**ЖАРАҚАТТАНДЫРУ** *Жарақаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚАТТАНУ** *Жарақаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚАТТАНУШЫ** зат. *Жарақаттанып қалған адам, жараланушы.*

**ЖАРАҚАТТАУ** *Жарақатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚАТТАУШЫ** сын. *Жарақат салушы, жарақат түсіруші.*

**ЖАРАҚАТТЫ** сын. *Жарақаты бар, жаралы.*

**ЖАРАҚ-ЖАБДЫҚ** зат. *Керекті құрал-жабдық, әртүрлі заттар.*

**ЖАРАҚСЫЗ** сын. *Жарағы жоқ, жарақтанбаған.*

**ЖАРАҚСЫЗДАН**[1]**=** ет. *Қарусыз қалу, жарақсыз болу.*

**ЖАРАҚСЫЗДАН**[2]**=** ет. сөйл. ***Жарамсыздан***.

**ЖАРАҚСЫЗДАНДЫР=** ет. *Қарусыздандыру, қару-жарақсыз қалдыру.*

**ЖАРАҚСЫЗДАНДЫРУ** *Жарақсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚСЫЗДАНУ** *Жарақсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚТА=** ет. **1.** *Қару-жарақпен жабдықтау.* **2.** *Керекті заттар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, дайындау.*

**ЖАРАҚТАЛ=** ет. *Жаңа жабдықпен жабдықталу, қамтамасыз етілу.*

**ЖАРАҚТАЛУ** *Жарақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚТАН=** ет. **1.** *Қарулану, ұрысқа сайлану.* **2.** *Керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілу.*

**ЖАРАҚТАНДЫР=** ет. *Қару-жарақпен жабдықтандыру.*

**ЖАРАҚТАНДЫРУ** *Жарақтандыр етістігінің қимыл атауы; жабдықтандыру, керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету.*

**ЖАРАҚТАНДЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз етілу.* **2.** *Керекті жабдықтармен қамсыздандырылу, жабдықтандырылу.*

**ЖАРАҚТАНДЫРЫЛУ** *Жарақтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАҚТАНУ** *Жарақтан етістігінің қимыл атауы; керекті құрал-жабдықпен жабдықталу.*

**ЖАРАҚТАУ** *Жарақта етістігінің қимыл атауы; қару-жарақпен жабдықтау.*

**ЖАРАҚТЫ**[1] сын. *Жарақтанған, жарағы бар, қарулы.* **Жарақты ат.** *Ер-тұрманы сай ат.*

**ЖАРАҚТЫ**[2] сын. сөйл. ***Жарамды***.

**ЖАРАҚЫЛАН=** ет. сөйл. ***Дарақылан***.

**ЖАРАҚШЫ** зат. *Жақтас, қамқоршы, тілекші.*

**ЖАРАҚШЫЛЫҚ** зат. *Сынықшылық, оташылық; емдік, дәрігерлік.*

**ЖАРАЛ=** ет. **1.** *Тірі ағзаның дүниеге келуі, туылуы.* **2.** *Пайда болу, жасалу, қалыптасу.*

**ЖАРАЛА=** ет. **1.** *Дененің бір жеріне жара түсіру, жарақаттау.* **2.** ауыс. *Бейберекет ету, бүлдіру, бұзу.* **3.** ауыс. *Масқаралау, ұятқа қалдыру.*

**ЖАРАЛАН=** ет. **1.** *Жарақаттану, жарақат алу.* **2.** ауыс. *Азап шегу, азаптану, қиналу.*

**ЖАРАЛАНҒЫШ** сын. *Жаралана бергіш, жарақаттанғыш.*

**ЖАРАЛАНҒЫШТАУ** сын. *Тынышсыздау, мазасыздау, нәзік.*

**ЖАРАЛАНУ** *Жаралан етістігінің қимыл атауы; жарақат алу.*

**ЖАРАЛАС=** ет. *Шабысу, соғысу, бір-бірін жаралау.*

**ЖАРАЛАСУ** *Жаралас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАЛАТ=** ет. *Жара салдырып алу.*

**ЖАРАЛАТУ** *Жаралат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАЛАУ** *Жарала етістігінің қимыл атауы; жарақаттау.*

**ЖАРАЛМЫС** зат. сөйл. ***Жаратылыс***.

**ЖАРАЛМЫШ** зат. сөйл. ***Жаратылыс***.

**ЖАРАЛУ** *Жарал етістігінің қимыл атауы; пайда болуы, қалыптасу.*

**ЖАРАЛЫ** сын. **1.** *Жарасы бар, жараланған, жарақаттанған.* // *Жарақатты, жарадар адам.* **2.** ауыс. *Қайғылы, қасіретті, мұңды.* **3.** ауыс. *Зақымданған, бүлінген.*

**Жаралы жеріне тиді**. *Жанына батты, ауыр тиді.* **Жаралы жолбарыс.** бейн. *Дәрмені жоқ, дәрменсіз алпауыт.*

**ЖАРАЛЫДАЙ** сын. *Жаралы сияқты, жаралы тәрізді.*

**ЖАРАЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жаралы болғандық, жарасы барлық.* **2.** ауыс. *Қасіреттілік, қайғы-мұңдылық.*

**ЖАРАЛЫС** зат. **1.** *Жаратушы, жаратқан.* **2.** *Жаратылыс, болмыс.*

**ЖАРАМАЗАН** зат. сөйл. ***Жарапазан***.

**ЖАРАМАЗАНШЫ** зат. сөйл. **1.** ***Жарапазаншы***. **2.** ауыс. *Жар салушы, жаршы.*

**ЖАРАМАЗАНШЫЛА=** ет. сөйл. **1.** ***Жарапазанда***. **2.** ауыс. *Әр нәрсенің басын бір шолу, шатпақтау.*

**ЖАРА-МАРА=** ет. *Кимелеу, киіп-жару.*

**ЖАРАМДЫ** сын. **1.** *Күш-қуаты бар, жарайтын.* **2.** *Іске татырлық, бағалы, іліп аларлық.* // *Іске татырлық зат, іліп алар нәрсе т.б.* **3.** *Мықты, күшті, күйлі.* **4.** *Қолайлы, ыңғайлы.* **5.** *Жағымды, ұнамды.* **6.** *Пайдалы, тиімді, қажетті.*

**ЖАРАМДЫҚ** сын. сөйл. ***Жарамдылық***.

**ЖАРАМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белді, күш-қуаты барлық, төзімділік.* **2.** *Қолынан іс келетіндік, қабілеттілік.* **3.** *Қолайлылық, ыңғайлылық.* **4.** *Өтейтіндік, жарайтындық.*

**Жарамдылық мерзімі**. экон. *Уақыты өткеннен кейін тауар арналған мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын мерзім.*

**ЖАРАМСАҚ** сын. *Біреуге жақсы атанғыш, жағымпаз.* // *Жағымпаз, жалтақ адам.*

**ЖАРАМСАҚСУ** *Жарамсақсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАМСАҚСЫ=** ет. *Жақсы көрінуге тырысу, жағымпаздану, жағыну.*

**ЖАРАМСАҚТА=** ет. *Жағыну, жағымпаздану.*

**ЖАРАМСАҚТАН=** ет. *Жақсы атану, жағымпаздану.*

**ЖАРАМСАҚТАНУ** *Жарамсақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАМСАҚТАС=** ет. *Жағымсып, жағымпазданып қалысу.*

**ЖАРАМСАҚТЫҚ** зат. *Жағымпаздық, тәйкіштік.*

**ЖАРАМСАҚШЫ** зат. сөйл. *Жағымпазданушы, жағынушы.*

**ЖАРАМСЫЗ** сын. **1.** *Көңіл толмайтын, жағымсыз, қолайсыз, ұнамсыз.* **2.** *Қабілетсіз, мүгедек, кемтар.* **3.** *Істен шыққан, тозығы жеткен, іске алғысыз.*

**ЖАРАМСЫЗДЫҚ** зат. *Қабілетсіздік, іске аспайтындық, іске татымайтындық.*

**ЖАРАН** [ар. یاران] зат. көне. **1.** *Адам, пенде.* **2.** *Әлеумет, қауым, жұрт.*

**ЖАРАН=** ет. *Жағыну, жалпаңдау, жарамсақтану, жағымпаздану.*

**ЖАРАНА** зат. **1.** *Маңы, қасы.* **2.** ауыс. *Жар, зайып.*

**ЖАРАНДАЙ** сын. *Жаран сияқты, жаран тәрізді.*

**ЖАРАНДЫҚ**[1] зат. жерг. *Екі дөңгелекті арба.*

**ЖАРАНДЫҚ**[2] зат. жерг. *Қалқан, жақтау, саты.*

**ЖАРНАТ=** ет. *Баптау, жарату, жасанту.*

**ЖАРАНУ** *Жаран етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бап, күтім, жаратылу.* **2.** ауыс. *Жан-жақты болу, білмекке ұмтылу.*

**ЖАРАҢ** сын. сөйл. ***Жарау.***

**ЖАРАПАЗАН** зат. **1.** діни. *Ораза айында ауыл аралап, сый-сияпат, садақалар жинап жүріп айтатын салт өлеңі; тұрмыс-салт жырларының дінге байланысты түрі.* **2.** ауыс. *Мыжыма, бос сөз, құр сарнаушылық.*

**Жарапазан айту.** *Ораза айында ауызашар кезінде ауыл аралап жарапазан жырын айту.* **Жарапазан батасы.** *Жарапазан тыңдаушысының сый-сыяпаты үшін берілетін бата сөздері.*

**ЖАРАПАЗАНДАЙ** сын. *Жарапазан сияқты, жарапазан тәрізді.*

**ЖАРАПАЗАНДА=** ет. *Жар салу, әйгілеу, жариялау.*

**ЖАРАПАЗАНДАУ** *Жарапазанда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАПАЗАНШЫ** зат. **1.** діни. *Жарапазан айтып, ауыл аралаушы.* **2.** ауыс. *Қыдырымпаз, қаңғыбас, кезбе.*

**ЖАРАРҚА** зат. зоол. *Жоны жар сияқты қырланған жылан.*

**ЖАРАРЛЫҚ** сын. **1.** *Жарамды.* **2.** *Боларлық.* **3.** *Татырлық.*

**ЖАРАС=** ет. **1.** *Ажарын кіргізу, көрік беру, әдемі көрсету, сай келу.* **2.** *Тіл табысу, үйлесу, ынтымақтасу.*

**ЖАРАСҚЫЛЫҚТЫ** сын. сөйл. ***Жарасымды.***

**ЖАРАСҚЫШ** сын. *Жараса қалғыш, жараса кеткіш, жарасып тұратын.*

**ЖАРАСТЫ** сын. сөйл. ***Жарасымды.***

**Жарасты әзіл.** *Әзілдесуші екі жаққа да, ортаға да ұнасымды, қонымды, жарасымды қалжың, ойын сөз, күлдіргі қылық.*

**ЖАРАСТЫҚ** зат. **1.** *Татулық, сыйластық.* **2.** *Жарасымдылық, ұнасымдылық, үйлесімділік.* **Жарастық тапты.** *Үйлесті, жарасты.*

**ЖАРАСТЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Тату-тәтті емес, дұрдараз.* **2.** *Жарасымы жоқ, қонымсыз.*

**ЖАРАСТЫҚТЫ** сын. **1.** *Жарасымды, үйлесімді, лайық, тән.* **2.** *Ынтымақты, тату.* **3.** *Заңды, мезгілді.*

**ЖАРАСТЫЛЫҚ** зат. *Татулық, сыйластық.*

**ЖАРАСТЫР** =ет. **1.** *Келістіру, татуластыру.* **2.** *Үйлестіру, жарасымды ету, қисынын келтіру.*

**ЖАРАСТЫРУ** *Жарастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАСТЫРУШЫ** зат. *Тіл табыстырушы, келістіруші.*

**ЖАРАСТЫРУШЫЛЫҚ** зат. кіт. *Жарасым табушылық, үйлестірушілік.*

**ЖАРАСУ** *Жарас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шақ болу, киімнің бойына құйып қойғандай болуы, өңін, сымбатын ашуы.* **2.** ауыс. *Сай келу, келісу.*

**ЖАРАСУЛЫ** сын. *Жарасып тұрған, жарасқан.*

**ЖАРАСЫЗ** сын. *Жара түспеген, жарасы жоқ.*

**ЖАРАСЫҚТЫ** сын. көне. *Жарасымды, лайықты.*

**ЖАРАСЫМ** зат. *Келісім, үйлесім.*

**Жарасым тапты.** *Келісті, жарасты, сай келді.*

**ЖАРАСЫМДЫ** сын. *Үйлесімді, келісімді, қонымды.*

**Жарасымды мінез.** *Жатық, сыпайы мінез.*

**ЖАРАСЫМДЫҚ** зат. сөйл. ***Жарасымдылық.***

**ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Үйлесімділік, қонымдылық, келісімділік.* **2.** *Татулық, сыйластық.*

**ЖАРАСЫМСЫЗ** сын. *Жарасымы жоқ, үйлесімсіз; оғаш.*

**Жарасымсыз қылық.** а) *Қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай емес, келіспеген қылық.* ә) *Ыңғайсыз нәрсе, жараспайтын әдет.*

**ЖАРАСЫҢҚЫ** сын. *Ұнасымды, келісіңкі, жарасқан.*

**ЖАРАТ**[1] =ет. **1.** *Қажетке жұмсау, пайдалану.* **2.** *Пұл етіп, жұмсау.*

**ЖАРАТ**[2]= ет. *Жоқтан бар ету, дүниеге келтіру, жасату.*

**ЖАРАТ**[3]= ет. *Ұнату, жақтыру.*

**ЖАРАТ**[4]= ет. **1.** *Атты бәйгеге, атжарысына баптау.* **2.** *Сайландыру, сай келу.*

**ЖАРАТА-ЖАРАТА** үст. *Көп ұстай беріп, жұмсай-жұмсай.*

**ЖАРАТҚАН** зат. діни. **1.** *Жаратушы.* **2.** *Адам, пенде, жаратылған дүние.*

**Жаратқан [жасаған] Алла [тағала].** *Тәңірі, хақ тағала.* **Жаратқанға жалбарынды.** *Құдайдан тіледі, Алладан сұрады.* **Жаратқан [жаратқан Алла] жар болды.** *Жаратушы, жасаған ие жебеп, қолдады.* **Жаратқан жаппар Құдай.** *Алла тағала, жасаған ие.* **Жаратқан ие.** *Алла тағала, жасаған.* **Жаратқанның құлы.** *Алланың пендесі, адам.* **Жаратқан [жасаған] өзі жар болар [жарылқайды].** Алла тағала көмектеседі, демеп-жебейді. **Жаратқан хаққа бәнде етті.** көне. *Жаратқан Аллаға құлшылық етті.*

**ЖАРАТҚЫШ** сын. *Жасампаз, жаратушы.*

**ЖАРАТТЫР=** ет. *Бабына келтірту.*

**ЖАРАТТЫРУ** *Жараттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАТУ**[1] *Жарат етістігінің қимыл атауы; жасау, жоқтан бар ету.*

**ЖАРАТУ**[2] *Жарат етістігінің қимыл атауы; атты бәйгеге, ат жарысына баптау.*

**ЖАРАТУ**[3] *Жарат етістігінің қимыл атауы; жұмсау.*

**ЖАРАТУЛЫ** сын. *Жарап тұрған, жараған.*

**ЖАРАТУШЫ** зат. көне. **1.** *Діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі.* **2.** ауыс. *Дүниеге келтіруші, өмір беруші.*

**Жаратушы жар болса.** *Жаратқан ием жар болса, жебеп, қолдаса деген мағынадағы бір істің, ойға алған ниеттің бастамында айтылатын сөзқолданыс.*

**ЖАРАТЫЛ**[1]= ет. *Жасалыну, пайда болу.*

**ЖАРАТЫЛ**[2]= ет. *Жұмсалу.*

**ЖАРАТЫЛМЫС** зат. сөйл. ***Жаратылыс.***

**ЖАРАТЫЛМЫШ** зат. сөйл. ***Жаратылыс.***

**ЖАРАТЫЛМЫШЫНДА** үст. *Жаратылысында, тумысында.*

**ЖАРАТЫЛУ** *Жаратыл етістігінің қимыл атауы; пайда болу.*

**ЖАРАТЫЛЫС** зат. **1.** *Табиғи болмыс, табиғат.* **2.** *Бітім, келбет, пішін.* **3.** *Тегі, табиғи тіні, болмысы.*

**Жаратылыс байлығы.** *Табиғи байлық; табиғат байлығы, жер байлығы.* **Жаратылыс ғылымы.** *Жаратылыстану ғылымы.* **Жаратылыс жағдайы.** *Географиялық ерекшелігі, табиғат жағдайы.* **Жаратылыс заңдары.** *Табиғат заңдары.* **Жаратылыс пәні.** *Табиғаттану ғылымына жататын пән.* **Жаратылысы бөлек.** *Мінез-құлқы басқаша, ерекше жаралған.*

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ** зат. *Жаратылыс, табиғат туралы ғылым.*

**Жаратылыстану ғылымдары.** *Табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі.*

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУШЫ** зат. *Жаратылыстану ғылымымен шұғылданушы.*

**ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ** сын. *Жаратылысқа тән, табиғилық.*

**ЖАРАТЫЛЫСЫНАН** үст. *Әуел бастан, о бастан, тумысынан.*

**ЖАРАТЫЛЫСЫНДА** үст. *Болмысында, тумысында, табиғатында.*

**ЖАРАТЫМДЫ** сын. сөйл. ***Жарамды.***

**ЖАРАТЫНДЫ**[1] сын. сөйл. ***Жасанды.***

**ЖАРАТЫНДЫ**[2] зат. сөйл. ***Туынды.***

**ЖАРАУ**[1] зат. түйешар. жерг. *Келеге қосар алдында еркек түйелердің қыстығуні масаңсып, беймазаланып, тісін қайрап, көбігі ағып, табиғи түрде бірте-бірте өзін күйттей, бабына келтіруі.*

**ЖАРАУ**[2] сын. **1.** *Іші тартылған, бабына келген, жараған.* **2.** *Нашар, жүдеу, халсіз.*

**Жарау ат.** *Алыс, қашық жерге міну үшін немесе бәйгеге қосу үшін арнайы бапталып жаратылған ат.* **Жарау бие.** *Әбден жаратылған, шырыққан, бабындағы бие.* **Жарауы жетті [түсті].** *Бабына келді, жарап болды.* **Жарауы түскен жүйріктей.** *Бабындағы ұшқыр ат сияқты.*

**ЖАРАУ**[3] *Жара етістігінің қимыл атауы; пайдаға асу, кәдеге жарау.*

**ЖАРАУ-ЖАРАУ** сын. *Жаратылған, бабына келген.*

**ЖАРАУКЕЛІК** зат. көне. ***Жағымпаздық.***

**ЖАРАУЛАН=** ет. *Қатар түзу, биіктену, ұлғаю.*

**ЖАРАУЛАНУ** *Жараулан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРАУЛАУ** сын. *Жарауы жетіңкіреген, еті ысылған; жараңқылау.*

**ЖАРАУЛЫ** сын. **1.** *Жарамды, күйлі, бабында.* **2.** ауыс. *Мықты, айтулы, жараған.*

**Жараулы ат.** *Жараған, бабындағы ат.* **Жараулы аттай.** *Жараған аттай.*

**ЖАРАУСЫЗ** сын. ***Жарамсыз.***

**ЖАРБАҒАЙ** сын. сөйл. ***Жырбақай.***

**ЖАРБАЙ** зат. түйешар. *Мая мен нардан туған бір туманың тұқымы, нашар тұқымды түйе.*

**Жарбай атан.** жерг. *Ең азғын будан делінетін жарбай бурасынан тараған ақта етілген, бес жастан асқан түйе.* **Жарбай бота.** жерг. *Ұрғашы мен еркек біртумадан туған бота.* **Жарбай өркеш.** жерг. *Өркештің өте кішкентай түрі.*

**ЖАРБАЙ=** ет. сөйл. ***Жарби.***

**ЖАРБАҚ** сын. сөйл. ***Жырбақай.***

**ЖАРБАҚАЙ** сын. сөйл. ***Жырбақай.***

**ЖАРБАҚТА=** ет. сөйл. ***Жарбаңдау.***

**ЖАРБАҚТАЙ** сын. экспр. *Жарбиған, толық.*

**ЖАРБАҚТАУ** *Жарбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБАЛАҢДА=** ет. ***Жарбаңдау.***

**ЖАРБАЛАҢДАУ** *Жарбалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБАҢ** елік. *Бір нәрсенің жалпылдап, далпылдап, қолайсыз қимылдағанын бейнелейтін сөз.*

**Жарбаң етті.** а) *Жарбаң ете қалды, жалпылдады.* ә) *Жарбаңдады.* **Жарбаң қақты.** *Жарбаңдады.*

**ЖАРБАҢДА** =ет. **1.** *Жарбаң-жарбаң ету, далпылдау.* **2.** *Жырбаңдау.*

**Жарбаңдап ұшқан қарғадай.** экспр. мысқыл. *Епетейсіз, ыңғайсыз қимыл.*

**ЖАРБАҢДАС=** ет. *Жарбаң-жарбаң етісу, тырбаңдасу.*

**ЖАРБАҢДАСУ** *Жарбаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБАҢДАУ** *Жарбаңда етістігінің қимыл атауы; жырбыңдау.*

**ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ** елік. *Далбаң-далбаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЖАРБАҢ-ЖҰРБАҢ** елік. сөйл. *Далп-далп еткен орашалақ қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЖАРБИ** =ет. сөйл. **1.** *Жалпиып отырып алу; жалпию.* **2.** *Жапыраю.* **3.** экспр. *Келіспеу, жараспау.*

**ЖАРБИТ**=ет. *Жалпиту, қалқиту.*

**ЖАРБИТУ** *Жарбит етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБИЫС**= ет. *Жалпиысу.*

**ЖАРБИЫСУ** *Жарбиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБИЮ** *Жарби етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРБЫҚ** сын. қарап. *Тырбық, қортық.*

**ЖАРГОН** [франц. jargon] зат. *Жалпыхалықтық тілден оқшауланған, шағын әлеуметтік топ қолданатын сөйлеу машығы мен сөз тобы.*

**ЖАРГОНДЫҚ** сын. *Жаргонға тән.*

**ЖАРҒАҚ**[1] зат. **1.** *Құлын мен ешкі терісінің киімге жарарлық иленген терісі. // Иленген теріден жасалған жазуға арналған нәрсе. // Иленген теріден жасалған.* **2.** *Бір түсті құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім; доха.* **3.** *Түгі қырылып, иленген теріден жасалған насыбай қалта; шақша.* **4.** анат. *Құстар аяғының тұяқтарын өзара қосып тұратын алақан терілері, жарғақ табаны.* **5.** жерг. *Жұқа теріден жасалған ыдыс.*

**Жарғақ бөрік.** *Жарғақ теріден тігілген бас киім.* **Жарғақ жүзген.** өс. <лат. membranaceum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Жарғақ лақ.** *Енесін еміп, жеткілікті ет жимаған әлжуаз лақ.* **Жарғақ тон.** *Құлын я ешкі терісінен илеп, жүнін сыртына қарата тігілген тон.* **Жарғақ шалбар.** *Құлын я ешкі терісінен жұқа етіп иленген, түгін сыртына қаратып тігілген шалбар.*

**ЖАРҒАҚ**[2] зат. анат. *Құлақты сыртқы әсерден қорғайтын жұқа, тербелмелі, нәзік қабыршақ.*

**ЖАРҒАҚ**[3] сын. **1.** *Еті арыған, арық, қатпа, жұқалау келген.* **2.** ауыс. *Қысқа.*

**Жарғақ бас**. *Шашы сирек, тақыр бас.* **Жарғақ бас жұртшы.** зоол. *Басы тықыр сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* **Жарғақ бет**. *Сүйегіне жабысқан, етсіз жұқа бет.* **Жарғақ құлағы жастыққа тимеді.** *Зыр жүгірді, тыным таппады.* **Жарғақ құлақ.** *Шеміршегіне ет бітпеген, қағаздай жұқа құлақ.*

**ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. humenoptera> *Екі жұп қанаттары мөлдір, жарғақ болып келетін жәндіктер класының отряды.*

**ЖАРҒАҚТАЙ** сын. *Жарғақ сияқты, жарғаққа ұқсас.*

**ЖАРҒАҚТАН**[1]= ет. *Ақ жаңқаланып жарылу, терісі майсыздану.*

**ЖАРҒАҚТАН**[2]= ет. **1.** *Үні табиғи шықпау, жарықшақтану.* **2.** жерг. *Жарақаттану.*

**ЖАРҒАҚТАНДЫР**= ет. *Құрғату, майсыздандыру.*

**ЖАРҒАҚТАНДЫРУ** *Жарғақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒАҚТАНУ** *Жарғақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒАҚТЫ** сын. *Жарғағы бар, жарғақ киген.*

**Жарғақты талғамдық.** *физ. Жартылай өткізгіш жарғақтың бөлінетін ортаның әртүрлі құраушыларына орай түрлі өткізгіштігінің болуы.*

**ЖАРҒАҚША** зат. биол. <лат. membrana> *Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының сыртын қаптап тұратын өте жұқа қабықша.*

**ЖАРҒАУЫТ** сын. сөйл. ***Жарлауыт.***

**ЖАРҒЫ**[1] зат. **1.** заң. көне. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы.* **2.** құқық. *Заңды тұлғаның құқықтық жағдайын, қарым-қатынасын реттейтін ережелер мен шарттардың жиынтығы болып табылатын нормативтік-құқықтық акт.* **3.** діни. сөйл. *Шарғы (шариғат заңы).*

**Жарғы капиталы**. экон. *Құрылатын кәсіпорынның активтеріне құрылтайшылар салған салымдардың құны.*

**ЖАРҒЫ**[2] зат. жерг. *Ағаш кесетін ара.*

**ЖАРҒЫЗ**= ет. **1.** *Ішін тіліп, ақтарғызу.* **2.** *Бөлдірту, жардырту, кестірту.*

**ЖАРҒЫЗУ** *Жарғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒЫЛАС**= ет. *Жарғыға жүгіну, заңдасу.*

**ЖАРҒЫЛАСУ** *Жарғылас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒЫЛЫҚ** сын. *Жарғы бойынша белгіленген, жарғыға сәйкес.*

**Жарғылық капитал.** экон. *Құрылтайшы құрылатын субъектінің жарғылық қорына бастапқы капитал ретінде салған мүлік, құқық, ақша, т.б.* **Жарғылық қор**. экон. *Кәсіпорынның негізгі қорлары мен айналым қаражатының, меншік иелері мен акционерлік қоғамдарға қатысушылар салымдарының жарғыда тіркелетін және тұрақты пайдалануы мен иеленуінде болатын сомасы.*

**ЖАРҒЫШ** сын. **1.** *Қопарғыш, аударғыш.* **2.** ауыс. *Басбұзар, бұзақы.*

**ЖАРҒЫШ** зат. **1.** кен. *Дүмпіткіш капсюльді соғу не шанышып тесу арқылы жарылғыш заттың негізгі оқтамын жаруда қолданылатын құрылғы.* **2.** әск. *Оқ-дәріні әрекетке келтіру үшін қолданылатын құрылым.*

**Жарғыш заряд.** әск. *Снаряд корпусын жару немесе оның ішіндегі жарақаттағыш заттарды жан-жаққа шашырату үшін снаряд ішіне салынатын қопарғыш зат.*

**ЖАРҒЫШАҚ** зат. **1.** *Қопарғыш, жарғыш заттардың әсерінен, не қатты соққыдан шашылған металл сынықтары.* **2.** *Жарғыш, қопарғыш зат. // Өткір, жалама.* **3.** *Жарықшақ, сынған, шытынаған жер. //* ***Жарықшақ*** *(дауыс).*

**ЖАРҒЫШАҚТА**= ет. *Жарғышақ жасау, айыру.*

**ЖАРҒЫШАҚТАЛ**= ет. *Жарқышақталу, сызаттану, тарғылдану.*

**ЖАРҒЫШАҚТАЛУ** *Жарғышақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒЫШАҚТАН**= ет. **1.** *Сызаттану, жарқышақтану, тарғылдану.* **2.** *Үні табиғи шықпау, жарықшақтану.*

**ЖАРҒЫШЫҚТАНУ** *Жарғышықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҒЫШАҚТЫ** сын. **1.** *Жарғышақтанып шыққан (үнді).* **2.** ауыс. *Жік салатын, араларын ашатын.*

**ЖАРДАЙ**[1] сын. **1.** *Жар сияқты, жарға ұқсас.* **2.** ауыс. *Семіз, толық, жуан.*

**Жардай атан.** *Жардай болып семірген атан.* **Жардай болды.** *Қатты семірді.* **Жардай болып семірді**. а) *Қоңданды, әбден семірді.* ә) *Әбден толысты, жуандады.*

**ЖАРДАЙ**[2] сын. *Сүйікті жұбайындай.*

**ЖАРДАМ** зат. жерг. ***Жәрдем.***

**ЖАРДАМШЫЛЫҚ** зат. *Жәрдемшілік.*

**ЖАРДАУЫТ** зат. сөйл. ***Жарлауыт.***

**ЖАР-ДОС** зат. *Бірге жүрген, өмірлік дос-жаран.*

**ЖАРДЫ**: **жүрек жарды берді**. *Шын қуангандық білдірді, сый-сияпат көрсетті.*

**ЖАРДЫР**= ет. **1.** *Жарғызу, жарақаттау.* **2.** *Тілгізу, бөлдіру.*

**ЖАРДЫРУ** *Жардыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЕУКЕЛЕН** =ет. жерг. ***Жағыну.***

**ЖАРЕУКЕЛЕНУ** *Жареукелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЖАҚ** сын. сөйл. ***Заржақ.***

**ЖАР-ЖАПСАР** зат. *Шекара, шет жақ.*

**ЖАР-ЖАР** [ир. یار یار]. зат. әдеб. этн. **1.** *Қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалатын қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының бірі.* **2.** *Жар-жар тұрмыс-салт жырының екі жолы айтылғаннан кейін тойға жиналған қауымның жас жұбайларды көтермелеп, хормен, бәрі бірге дауыстап айтылатын қайырма сөзі.*

**ЖАР-ЖАРАҚ** зат. жерг. *Ойлы-шұңқыр жер.*

**ЖАР-ЖОЛДАС** зат. сөйл. ***Жора-жолдас.***

**ЖАР-ЖОРА** зат. ***Жора-жолдас.***

**ЖАР-ЖЫРА** зат. *Жарлауытты, жыралы жер.*

**ЖАРИ**[1] зат. жерг. *Түпқазы.*

**ЖАРИ**[2] сын. сөйл. *Жария.*

**ЖАРИӘ** зат. діни. *Соғыста тұтқынға алынып, Ислам мемлекетіне әкелінген әйел, күң.*

**ЖАРИЯ**[1] [ар. جهری ] сын. **1.** *Көпке таныс, белгілі, мәлім.* **2.** *Ашық, айқын, әйгілі. //* көне. *Жарнама, хабарлама. // Бүкіл әлем, жан-жақ.*

**Жария берді.** жерг. *Хабар берді, хабарлады.* **Жария болды.** *Мәлім болды, белгілі болды.* **Жарияға жар салды [салынды].** *Бәріне хабарлады.* **Жария етті [қылды].** *Паш етті, әйгіледі, жариялады.* **Жариялап алды**. *Сырын ашып қойды, мәлімдеді.* **Жария сауда-саттық. экон.** *Өткізу кезінде тендер комитеті сауда-саттыққа қатысушы фирмалар мен консорциумдардың көз алдында ұсыныстарды ашып, олардың негізгі шарттарын оқитын және тапсырысты қандай фирмалар консорциумының алғаны туралы мәліметтерді ашық баспасөзде жариялайтын халықаралық сауда-саттық.*

**ЖАРИЯ**[2] зат. жерг. *Су тасқыны.*

**ЖАРИЯ**[3] зат. көне. *Қызметші қыз.*

**ЖАРИЯЛА**= ет. **1.** *Мәлімдеу, хабарлау.* **2.** *Жарыққа шығару, кітап қылып бастыру.*

**ЖАРИЯЛАН** =ет. *Баспасөз бетіне шығу, басылу.*

**Жарияланған капитал**. экон. *Серіктестіктің, фирманың, акционерлік қоғамның құрылтайшылық құжаттарында көрсетілетін жарғылық капитал.*

**ЖАРИЯЛАНДЫР=** ет. *Әйгілендіру, хабарландыру, мәлім еттіру.*

**ЖАРИЯЛАНДЫРУ** *Жарияландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРИЯЛАНУ** *Жариялан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРИЯЛАНЫМ** зат. кіт. *Баспа бетінде жарияланған материал, мақала.*

**ЖАРИЯЛАТ**= ет. **1.** *Мәлімдеттіру, баршаға білдірту.* **2.** *Бастырту, баспаға беру.*

**ЖАРИЯЛАТУ** *Жариялат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРИЯЛАУ** *Жарияла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Баспаға беру, бастырту.* **2.** *Мәлімдеу, табу.*

**ЖАРИЯЛАУШЫ** зат. **1.** *Жар салып таратушы, хабарлаушы.* **2.** *Баспа бетіне шығарушы, бастырушы.*

**ЖАРИЯЛЫ** сын. **1.** *Белгілі.* **2.** *Заңды.* **3.** *Хабарланған, ашық.*

**ЖАРИЯЛЫҚ** зат. *Көрсетіп, бәріне білдіріп жасаушылық, ашық іс-әрекет.*

**Жариялық сипат беру**. экон. а) *Қандай да болсын актіге, әрекетке, шаруашылық операцияға т.б. заң күш беру.* ә) *Құжаттардағы қойылған қолдардың түпнұсқалылығын қуаттау.*

**ЖАРИЯЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Ашықтық, мәлімділік.* **2.** саяси. *Кез келген қоғамдық мәні бар әрекет туралы ашық әрі толық ақпарат беру және оны көпшіліктің ашық талқылау мүмкіндігі бар демократия принциптерінің бірі.*

**ЖАРИЯСӨЗ** зат. кіт. <ағыл. press release> *Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік шараны, ғылыми*

*конференциялардың т.б. барысы туралы алдын ала бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне, журналистерге таратылатын қысқаша мәлімет; баспасөз парағы, пресс-релиз.*

**ЖАРИЯСЫЗ** сын. **1.** *Хабарсыз, арнайы хабарланбаған түрде.* **2.** *Үнсіз, тілсіз.*

**ЖАРКЕЛЕҢ** зат. жерг. *Есалаң, жарымес.*

**ЖАРКЕЛЕҢДЕ=** ет. жерг. *Жырбаңдау, жалбаңдау.*

**ЖАРКЕЛЕҢДЕУ** *Жаркелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАР-КЕМЕР** зат. *Өзен-судың, жол, жағалаулардың қабағы, кемері.*

**ЖАР-КЕУЕК** зат. *Шұқанақты, жарлауытты жер.*

**ЖАРКҮШІКТЕН=** ет. *Жағымпаздану, шектен тыс жарамсақтану.*

**ЖАРҚ** елік. *Күн сәулесінің, жарықтың жылтыр, айналы, әйнекті жерге шағылысуынан шығатын, жарқылдатудан туатын көріністі бейнелейтін сөз.*

**Жарқ берді.** сөйл. *Жалт берді.* **Жарқ етті.** а) *Кенеттен жалт етті, ұшқын атты.* ә) *Ұшқын атты, ерекше көзге түсті.* б) *Ыстық көрінді, оттай басылды.* в) *Көзге түсті, танылды, шалынды.* г) *Туды, атты, келді.* ғ) экспр. *Жарық көрді, басылып шықты.* д) *Ойламаған жерден көрінетін болды, сап етті.* е) *Орала кетті, еске түсті.*

**ЖАРҚА** зат. көне. *Жаңқа, бір нәрсенің сынығы.*

**ЖАРҚАБАҚ** зат. *Ар жағы ор, тік жаға. // Қабағы шығыңқы, биік.*

**ЖАРҚАБАҚТАУ** сын. *Қабағы биіктеу, шығыңқылау.*

**ЖАРҚАБАҚТЫ** сын. *Тік, құладұз.*

**ЖАРҚАҒАЗ** зат. <франц. affiche> *Жарнаманың бір түрі; болатын спектакль, концерт, лекция және т.б. туралы жұртшылық көп жүретін жерлерде ілінетін құлақтандыру*

**ЖАРҚАНАТ** зат. зоол. <лат. vesper tilioidei> *Жарғақ қанатты, түнде ұшып, ұсақ жәндіктермен қоректенетін, сүтқоректілерге жататын кішкене жәндік.*

**ЖАРҚАНАТТАЙ** сын. **1.** *Жарғанат сияқты, жарғанат секілді.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Бәтуасыз, тұрақсыз, сенімсіз.*

**ЖАРҚАНАТТАР** зат. зоол. <лат. microchiroptera> *Сүтқоректілер класына жататын қолқанаттылар отрядының бір тармағы.*

**ЖАРҚАНАТША** үст. *Жарғанат тәрізденіп, жарғанатқа ұқсап.*

**Жарқанатша ою.** қолөнер. *Жарғанат бейнелі ою-өрнек.*

**ЖАРҚАШ** сын. жерг. ***Жарықшақ.***

**ЖАРҚАШАҚ** сын. сөйл. ***Жарқышақ.***

**ЖАРҚАШТАН=** ет. **1.** *Сызаттанып жарылу, шытынау.* **2.** ауыс. сөйл. ***Жарықшақтану.***

**ЖАРҚАШТАНУ** *Жарқаштан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҚ-ЖАРҚ** елік. *Найзағай ойнағанда, күн сәулесі шағылысқанда, жалт-жұлт, жарқылдаған көріністі бейнелейтін сөз.*

**Жарқ-жарқ етті.** а) *Жалт-жұлт етті, жалтылдады, шағылысты.*

**ЖАРҚ-ЖҰРҚ** елік. *Жалт-жұлт, жарқылжұрқыл еткен көріністі бейнелейтін сөз.*

**Жарқ-жұрқ етті.** а) *Жалт-жұлт етті.* ә) *Жарқылдады.* **Жарқ-жұрқ ойнады.** *Мың құбылып, аударылып-төңкерілді.*

**ЖАР-ҚИЯ** зат. *Тік қабақ, жартас.*

**ЖАР-ҚОСАҚ** зат. *Жұбай, қосақ.*

**ЖАРҚҰЛАҚ: жарқұлағы жастыққа тимеді.** *Тыныштық таппады, мазасы кетті.*

**ЖАРҚҰС** зат. зоол. *Таудың ең жоғары қабатында мекендейтін тұмсығы ұзындау, қанаты дөңгеленіп келген құс.*

**ЖАРҚЫЛ** зат. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен жарық.* **2.** *Шағылысқан сәуле.* **3.** ауыс. *От сезім.*

**Жарқыл қақты.** а) *Жарық сәулелер шағылысты, жалт-жұлт етті.* ә) *Көрінді, білінді, көзге түсті.* б) *Найзағай ойнады, жарқылдады.* **Жарқыл қақтырды**. *Шағылыстырды, жарқылдатты.*

**ЖАРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырап көріну.* **2.** ауыс. *Ойнап-күлу, ашықжарқын жүру; жайнаңдау.*

**Жарқылдай амандасты**. *Бар ынта-шынтасымен амандық-саулық сұрасты.* **Жарқылдап күлу**. *Ақкөңілденіп, ақжарқынданып, шын күлу.*

**ЖАРҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Жалтылдақ, жарқырауық.* **2.** ауыс. *Ақжарқын, көңілді, жайдары.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Әсіре; мәнсіз; даңғаза.*

**ЖАРҚЫЛДАҚТЫҚ** зат. *Жалт ете түсушілік, бірден көзге шалынушылық.*

**ЖАРҚЫЛДАС=** ет. **1.** *Жарқ-жұрқ етісу, жарқырасу.* **2.** ауыс. *Ашық-жарқын жүрісу, бір-біріне ашық-жарқын амандасу.*

**ЖАРҚЫЛДАСУ** *Жарқылдас етістігінің қимыл атауы; жарқ-жарқ етісу.*

**ЖАРҚЫЛДАТ=** ет. *Жарқ-жұрқ еткізу (қару-жарағын тағыну).*

**ЖАРҚЫЛДАТУ** *Жарқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҚЫЛДАУ** *Жарқылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарқ-жарқ, жалт-жалт ету.* **2.** ауыс. *Көз тартатын қымбат, әдемі киімдер киіну, көзге түсу.*

**ЖАРҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Жарқ-жұрқ еткен.*

**ЖАРҚЫЛ-ЖАЛЫН** зат. *Жалындаған жарқыл.*

**ЖАРҚЫЛ-ЖҰРҚЫЛ** зат. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен найзағайдың не электр жарығы, т.б. көп жарқыл.* **2.** ауыс. *Қызба, алып-ұшпа мінез, жеңілтек.*

**ЖАРҚЫН** сын. **1.** *Ақкөңіл, жайдары. // Әріптес, қатарлас, замандас, таныс.* **2.** ауыс. *Нұрлы, сәулелі, жарық, айқын.* **3.** *Айқын, айнытпас.*

**Жарқын жүз [жүзді].** *Ақкөңіл, жайдары, ашық-жарқын мінез.* **Жарқын күн.** поэт. *Нұрлы, сәулелі бақытты өмір.* **Жарқын пішін.** *Көңілді кейпі бар.*

**ЖАРҚЫНДЫҚ** зат. сөйл. ***Жарқындылық.***

**ЖАРҚЫНДЫЛЫҚ** зат. *Жайдарылық.*

**ЖАРҚЫН-ЖАРҚЫН** үст. *Анық, айқын, дауысын шығарып, қаймықпай.*

**ЖАРҚЫНШАҚ**[1] сын. сөйл. ***Жарғышақ.***

**ЖАРҚЫНШАҚ**[2] зат. **1.** сөйл. *Жарғышақ атылған оқ-дәрі, темір сынықтары.* **2.** ауыс. *Қаяу, кірбің, кикілжің.* **3.** жерг. *Жаңбырдан кейін кеуіп, қабыршақтанған сазды жер.*

**ЖАРҚЫНШАҚСЫЗ** сын. сөйл. *Жарғышақсыз (дауыс).*

**ЖАРҚЫНШАҚТАН=** ет. **1.** сөйл. ***Жарғышақтан.*** **2.** *Дауыстың тарғылдана шығуы.*

**ЖАРҚЫНШАҚТАНУ** *Жарқыншақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҚЫНШАҚТАУ** сын. сөйл. ***Жарғышақтау.***

**ЖАРҚЫНШАҚТЫ** сын. сөйл. ***Жарғышақты.***

**ЖАРҚЫНЫМ** зат. экспр. **1.** *Жасы үлкен адамның кішіге қарағым деген мағынада айтылатын қаратпа сөзі.* **2.** *Сөйлеушінің көңілі толмаған кезде, қарсы жақ көңілінен шықпаған кезде жақтырмағанын сыпайылап білдіру үшін қолданылатын қаратпа сөз.* **3.** *Жақсы көрген адамына айтылатын қаратпа сөз.*

**ЖАРҚЫРА=** ет. **1.** *Жап-жарық болу, сәуле, нұр шашу.* **2.** *Жарқ-жұрқ, жалт-жұлт ету.* **3.** ауыс. *Жайраңдау, көңілдену.* **4.** ауыс. *Әдемілену, сұлулану.* **5.** ауыс. *Айқын, анық көріну.*

**Жарқырап жанды.** *Жап-жарық сәуле беріп жанды.*

**ЖАРҚЫРАҒЫШ** сын. *Жарқылдағыш.*

**ЖАРҚЫРАҚ** сын. сөйл. ***Жарқырауық.***

**ЖАРҚЫРАТ=** ет. **1.** *Сәуле, нұр шаштыру, сәулелендіру.* **2.** *Малды жайратып сойып тастау.*

**ЖАРҚЫРАТУ** *Жарқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРҚЫРАУ** *Жарқыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шағылысу.* **2.** ауыс. *Әдемі, сайлы киініп көзге түсу.* **3.** астр. *Жұлдыздың жарық күшінің Күннің жарық күшіне қатынасы; жарық шығарушы дененің сәулеленуі.*

**ЖАРҚЫРАУЫҚ** сын. **1.** *Жарқырағыш, жарқылдақ, жарқ-жұрқ еткен.* **2.** ауыс. *Әсіреқызыл, формаға әуес, бояма.* **3.** *Жарық, жарығы көп. // Жаңа жылда киімге, шашқа, бетке себетін жалт-жұлт еткен ұлпа.*

**Жарқырауық жануарлар.** *Денесінен жарық сәулесін шығаратын жануарлар.* **Жарқырауық оқ.** *Жарық шығаратын, сәуле шашатын оқ.* **Жарқырауық тас.** *Зергерлік асыл тас.*

**ЖАРҚЫШАҚ** зат. **1.** ***Жарғышақ*** *(әртүрлі зат сынықтары).* **2.** ауыс. *Қаяу, кірбің, кикілжің.*

**Жарқышақ дауыс.** *Ащы емес, тарғыл дауыс.*

**ЖАРЛА=** ет. *Жар салу, әйгілеу, хабарлау.*

**Жарлай арнау.** әдеб. *Арнаудың көпшілікке қайрыла сөйлеу түрі.*

**ЖАРЛАМ** зат. жерг. *Көмек, жәрдем.*

**ЖАРЛАН**[1]**=** ет. **1.** *Жар пайда болуы, жарға айналу.* **2.** ауыс. *Қабақтың көтеріңкі болып келуі.*

**ЖАРЛАН**[2]**=** ет. кәс. *Бас жару.*

**ЖАРЛАУ**[1] зат. әдеб. *Жар айту, жар салу, хабарлау.*

**ЖАРЛАУ**[2] сын. *Жарлауыт, жарсымақ.*

**ЖАРЛАУЛАН=** ет. *Жар-жар болып, жарлауытқа ұқсау.*

**ЖАРЛАУЛАНУ** *Жарлаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЛАУЫҚ** зат. ***Жарлауыт.***

**ЖАРЛАУЫЛ** зат. көне. *Бұрынғы замандағы сарай қызметкері.*

**ЖАРЛАУЫТ** зат. *Су арнасы бойында жердің опырылып құлауынан пайда болған онша терең емес жар.*

**Жарлауыт жаға.** *Опырылған, онша терең емес жарлы жаға.* **Жарлауыт қабақ.** *Биік, көтеріңкі қабақ.*

**ЖАРЛАУЫТТАН=** ет. **1.** *Жарлауыт болып кету.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің опырылуы.*

**ЖАРЛАУЫТТАНУ** *Жарлауыттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЛАУЫТТАУ** сын. *Жарлауыттанған, жарлауыттана бастаған.*

**ЖАРЛАУЫТТЫ** сын. *Жарлауыт болып біткен.*

**ЖАРЛЫ**[1] зат. *Кедей, жоқ-жітік. // Сараң.*

**Жарлы байыр [байыды].** *Өмір, бақ-дәулет бір орында тұрмайды, кедей бай болар деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Жарлы мен жақыбай.** ***Жарлы-жақыбай.*** **Жарлының аузы аққа тисе, мұрны қанайды.** *Шыр бітпейді, мал құтаймайды.*

**ЖАРЛЫ**[2] сын. **1.** *Жары бар.* **2.** жерг. *Қабырғалы.*

**ЖАРЛЫ**[3]**: жүрек жарлы.** сөйл. ***Жүрек жарды.***

**ЖАРЛЫҒЫНДА** үст. жерг. *Қарауында, қол астында.*

**ЖАРЛЫДАЙ** сын. *Жарлы адам сияқты.*

**ЖАРЛЫ-ЖАҚАУ** зат. сөйл. *Кедей-кепшік.*

**ЖАРЛЫ-ЖАҚПАЙ** зат. сөйл. ***Жарлы-жақыбай.***

**ЖАРЛЫ-ЖАҚЫБАЙ** зат. *Кедей-кепшік, жоқ-жітік, жалшы-малшы.*

**ЖАРЛЫ-ЖАЛБАҒАЙ** зат. сөйл. *Жарлы-жақыбай.*

**ЖАРЛЫ-ЖАЛШЫ** зат. *Кедей, батырақ.*

**ЖАРЛЫ-ЖАРАУДАЙ** сын. *Жарлыдай күй кешкен.*

**ЖАРЛЫҚ**[1] зат. **1.** тар. құқық. *Орта ғасырлардағы түркі мемлекеттеріндегі ханның немесе әскер басыларының бұйрығы.* **2.** *Бұйрық, әмір.* **3.** ауыс. *Айтқаны, сөзі.* **4.** заң. *Мемлекет басшысының қабылдайтын құқықтық актісі.*

**Жарлық алды.** *Бұйрық келді, шешім алды.* **Жарлық берді.** *Бұйырды, әмір етті, хабарлады, тоқетерін айтты, мәлімдеді.* **Жарлық қылды [етті].** *Әмір етті, бұйырды.* **Жарлық салды.** *Ұран салып, бұйрық берді, бүкіл елді тік тұрғызды.* **Жарлық шашты.** *Әмір таратты, бұйырды.* **Жарлық шығарды.** *Бұйрық шығарды, әмір етті.* **Жарлық шықты**. *Бұйрық берілді.*

**ЖАРЛЫҚ**[2] зат. инф. *Программаларды, файлдарды және бумаларды жылдам іске қосу үшін қолданылатын сілтеме рөлін атқаратын командалық файл; ярлык.*

**ЖАРЛЫҚСЫЗ** үст. *Жарлық қылмай, жарлық ретінде бекітпей.*

**ЖАРЛЫҚТАЙ** сын. *Жарлық сияқты.*

**ЖАРЛЫҚШЫ** зат. *Жарлық оқушы.*

**ЖАРЛЫЛАУ** сын. *Кедейлеу.*

**ЖАРЛЫЛЫҚ** зат. *Кедейлік, жоқшылық.*

**ЖАРЛЫШЫЛ** сын. *Кедейшіл, кедей-кепшіктерді жақтағыш, жарлы-жақыбайшыл.*

**ЖАРМА**[1] зат. *Бидай, арпа, сұлы, күріш, тары сияқты дақылдар дәнінің ұсақталып, жармаланған түрі.*

**Жарма пісірмесі**. тамақ. *Тұтқыр ботқалардан дайындалатын тағам.*

**ЖАРМА**[2] зат. көне. *Сәндік үшін тағылатын әшекей зат.*

**Жарма көттік қылды.** қарап. *Әбден қажалған, сірісі кеткен етік туралы айтылады.*

**ЖАРМА**[3] зат. *Өгіздің қамыт ағашы, мойынтұрық.*

**Жармаға жегілді**. *Жарма (мойынтұрық) кигізілді.* **Жарманың бұлқыны**. *Мойынтұрықтың төменгі екі жағын қосып байлайтын қайыс бау.*

**ЖАРМА**[4] зат. жерг. *Арна, үлкен арық.*

**Жарма қазбалары**. кен. а) *Жаңа карьерлерде немесе жұмыс істеп тұрған карьерлердің жаңа деңгей жиегінде аршылымды қазып алу немесе пайдалы қазылымды өндіру мақсатында жүргізілетін қазба жұмыстары.* ә) *Шахтаның немесе кеніштің әрбір жаңа қазып алу алаңдарында (блокта, этажда, панельде, қатарда және т.б.) тазарту жұмыстары басталатын жерасты қазбалары.*

**ЖАРМА**[5] зат. *Кейбір омыртқасыздарға тән бақалшық бөліктердің бір түрі.*

**ЖАРМА**[6] зат. *Кесілген ағаш.*

**ЖАРМА**[7] сын. *Ортасынан екіге жарылып бөлінген.*

**Жарма есік.** *Екіге бөлінген, ортасынан ашылатын есік.* **Жарма қоныш.** кәс. *Қонышы екі жақ жанынан жармаланып тігілген.* **Жарма құрт.** тамақ. жерг. *Кесек-кесек етіп жасаған құрт.* **Жарма пеш.** *Айналмалы, орыс пеші.* **Жарма шымылдық.** *Екі жағынан бау өткізіп, төсек-орынның алдына ұстайтын перде, қыз жасауының бір түрі.*

**ЖАРМАДАЙ** сын. **1.** *Каналдай, үлкен арықтай.* **2.** ауыс. *Ағын судай.*

**ЖАРМА-ЖАР** үст. жерг. **1.** *Тең, бірдей.* **2.** жерг. *Жартысы.*

**ЖАРМАҚ**[1] зат. сөйл. ***Жарма.***

**ЖАРМАҚ**[2] зат. жерг. *Ұнның кебегі; бидай, арпа, сұлы, күріш, тары сияқты дақылдар дәнінің ұсақталып, жармаланған түрі.*

**ЖАРМАҚ**[3] зат. жерг. *Қайыр, садақа.*

**ЖАРМАҚ**[4] зат. көне. *Ортасы тесік тиын; бақыр ақша.*

**ЖАРМАҚТА=** ет. *Дақыл дәнін ұсақтау, жармаға айналдыру.*

**ЖАРМАҚТАЛ=** ет. *Ұсақталу, жармаға айналу.*

**ЖАРМАҚТАЛУ** *Жармақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРМАЛА=** ет. *Жармаға айналдыру.*

**ЖАРМАЛАН=** ет. *Жармаға айналдырылу.*

**ЖАРМАЛАНУ** *Жармалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРМАЛАУ** *Жармала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жармаға айналдыру.* **2.** ауыс. *Мазалау.*

**ЖАРМАЛЫ** сын. **1.** *Екіге жарылған (есік, терезе).* **2.** *Жармасы бар, жарма тағылған.*

**ЖАРМАЛЫҚ: жармалық дақыл.** егіншар. *Дәнінен әртүрлі азықтық өнімдер дайындалатын дақылды өсімдіктер.*

**ЖАРМАС=** ет. **1.** *Шап беріп ұстау, тырмысып айырылмау.* **2.** *Жабысу, таласу.* **3.** *Бас салып тиісу, жағаласу, ұстасу.* **4.** *Біреуді кінәлау, айыптау, маза бермеу. // Ілік іздеу, ілінісу.* **5.** ауыс. *Жік-жапар болып жабысып, өтініп қоймау.*

**ЖАРМАСҚЫЛАР** зат. зоол. <лат. gekkonidae> *Бауырымен жорғалаушылар класына кіретін қабыршақтылар отрядының тұқымдасы.*

**ЖАРМАСТЫР=** ет. **1.** *Жабыстыру.* **2.** ауыс. *Жағаластыру, қарсыластыру.*

**ЖАРМАСТЫРУ** *Жармастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРМЕҢКЕ** зат. сөйл. ***Жәрмеңке.***

**ЖАРМАСУ** *Жармас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстап алып жібермеу, жабысу.* **2.** ауыс. *Өзіне меншіктеу, өзінен жібермеу.* **3.** *Құмарту, бірден бас салу.*

**ЖАРМАСЫЛ=** ет. *Жабыстырылу, таңылу, тағылу.*

**ЖАРМЫСЫ** зат. жерг. ***Жарымы.***

**ЖАРМЫШ** зат. жерг. *Каналдан бөлініп алынған үлкен арық.*

**ЖАРНА**[1] зат. **1.** ***Мүшелік жарна*** *(белгілі бір ұйымға мүше болғандығы үшін арнаулы мерзімде төленіп тұратын ақша).* **2.** *Пайдадан түскен үлес, түсімнің бір бөлігі, табыс.* **3.** экон. *Табыс, артықшылықтар немесе өзге де сыйақылар алу және сақтау мақсатымен субъектінің шаруашылық мұқтаждары үшін белгілі бір құны бар активтерді жұмсау.* **4.** экон. *Пайдадан төленетін бір бөлік, төлемақы.* **5.** ауыс. *Өзіндік үлес, ерекше жаңалық.* **6.** ауыс. *Бөлік, тұтас нәрсенің бір көрінісі.*

**Жарна салу.** *Ақша не мал түрінде көмек көрсету үшін қаражат жинау.* **Жарна төледі.** *Жалақысының белгілі мөлшерінен ұйымға ақша төледі.*

**ЖАРНА**[2] зат. жерг. *Тұқым, дән.*

**ЖАРНА**[3] зат. жерг. *Сыңар, серік.*

**ЖАРНАҚ**[1] зат. бот. *Өсімдік тұқымындағы ұрық.*

**ЖАРНАҚ**[2] зат. жерг. ***Жарна.***

**ЖАРНАҚТЫ** сын. бот. *Ұрықты (өсімдік тұқымына қатысты).*

**ЖАРНАҚША** зат. бот. *Тұқымдық ұрықшалар.*

**ЖАРНАЛА=** ет. жерг. *Бөлісу.*

**ЖАРНАЛАС** сын. *Жарнаға ортақтас.*

**ЖАРНАЛЫҚ** зат. *Тиісті үлес.*

**ЖАРНАМА** [ир.جار+نامه] зат. <франц. reclame> **1.** *Тұтынушылардың назарына іліктіру немесе қандайда бір сауалнама алу мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы кең таратылып жария етілетін хабарлама.* **2.** *Тұтынушылардың назарына іліктіру мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы хабарламаны таратудың қағаз, радио хабарлама, бейнешығыршық, жазба мәтін т.б. түріндегі құралы.* **3.** *Маңдайшаларда берілетін ұйым не мекеме туралы ақпарат.* **4.** *Афиша спектакль, концерт, жиналыс, дәріс, спорттық жарыстар, ойын-сауықтар туралы қағаз хабарлама.* **5.** *Танымалдығын арттыру, жұрт назарына ілігу мақсатында біреу немесе бір нәрсе туралы таратылған мәліметтер. // Жазбаша түрдегі, жарияланған.*

**Жарнама беруші**. *Теледидар, радио т.б. сияқты бұқаралық ақпарат құралдарына өз тауарын не қызметін әйгілеу үшін тұтынушыларға арналған хабарламаның иесі, сол тауар не қызмет түрінің өндірушісі.* **Жарнама жасады**. а) *Өзін, ісін немесе өндірген тауары мен қызметін жұртқа әйгіледі.* ә) жағымсыз. *Тауары мен өніміне, қызметіне және т.б. көп тұтынушы жақтаушы табуды ғана көздеп, олардың шын мәніндегі сапасын боямалап, көтермелеп жұртқа жария қылды немесе ешбір негізсіз атаққұмарлықпен өзін жұртқа мадақтады.* **Жарнама қағазы.** *Жарнама жазылған қағаз.* **Жарнама проспектісі**. *Қандай да бір тауар не қызмет түрін жұртшылыққа әйгілейтін хабарлама жазылған көрнекі құрал.* **Жарнама тақтасы.** *Жарнама ілінетін тақта.*

**ЖАРНАМАЛА=** ет. **1.** *Жарнама құралдары арқылы насихаттау.* **2.** *Әйгілеу, жария қылу, көрсету.* **3.** жағымсыз. *Мақтанып немесе бос дабыра қылып өзін, ісін т.б. жұртқа көрсету.*

**ЖАРНАМАЛАН=** ет. *Жарнама құралдары арқылы насихатталу, белгілі болу.*

**ЖАРНАМАЛАНУ** *Жарнамалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРНАМАЛАТ=** ет. *Үсті-үстіне жарнамалау.*

**ЖАРНАМАЛАТУ** *Жарнамалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРНАМАЛАУ** *Жарнамала етістігінің қимыл атауы; жарнама құралдары арқылы насихаттау.*

**ЖАРНАМАЛЫ** сын. *Жарнама ілінген, жарнама берілген.*

**ЖАРНАМАЛЫҚ** сын. *Жарнама жасайтын, жарнамалаушы, жарнама таратушы.*

**Жарнамалық агенттік**. экон. *Жарнама әзірлейтін, дайындайтын және орналастыратын тәуелсіз кәсіпорын.* **Жарнамалық билборд**. полигр. <ағыл. billboard, bill – жарнамалау, board – тақта> *Қала көшелері мен автокөлік жолдары бойына орнатылған қандай да бір тауар, өнім не қызметті әйгілейтін ақпарат берілген тақта, қалқан.* **Жарнамалық газет**. полигр. *Тапсырыс берген мекеме, сауда өндіріс орындары, фирмалар мен жеке адамдардың тұтынуға ұсынатын өнімін, тауарын немесе қызмет түрлерін көпшілікке жария ету, әйгілеумен айналысатын мерзімді баспасөз өнімі, басылым.* **Жарнамалық қалқан.** *Сыртқы жарнама түрі.*

**ЖАРНАМАШЫ** зат. *Жарнама таратушы немесе жарнама жасаушы.*

**ЖАРНАПҰЛ** зат. экон. *Бірлестік мүшесінің ақшалай, жер телімдері, мүлік, техника т.б. түрінде салатын, ақшалай тұлғада бағаланатын мүліктік жарнасы.*

**ЖАРНАСЫЗ** үст. *Төлем ақшасыз, жарна төлемей.*

**ЖАРНАШЫ** зат. *Жарна төлеуші, пайшы.*

**ЖАРНАУ** зат. *Жарлау жер.*

**ЖАРП** елік. *Үлкен жұқа заттың желп етуін бейнелейтін сөз.*

**Жарп етті.** *Үлкен зат желп етті.*

**ЖАРП-ЖАРП** елік. *Үлкен жұқа заттың желп-желп еткенін бейнелейтін сөз.*

**Жарп-жарп етті.** *Құс алысқа самғап ұшпай жарпылдады.*

**ЖАРПЫ** сын. жерг. ***Жарты***.

**ЖАРПЫЛДА=** ет. *Жарп-жарп ету, биіктеп ұша алмау.*

**ЖАРСЫЗ** сын. *Жары, қосағы жоқ.*

**ЖАРТАҚ** зат. жерг. *Дөңестеу жер.*

**ЖАРТАС** зат. *Үлкен құлама тік тас.* **2.** геогр. *Тау сілемінің шығыңқы келген тасты бөлігі.*

**Жартастағы суреттер [жартас суреттері].** тар. *Ежелгі дәуір адамының наным-сенімдеріне байланысты ақпараттарды бейнелейтін, тарихи құнды дерек болып табылатын тасқа қашап салынған сызба, кескін, бейнелер.* **Жартас сәбізшөбі.** өс. <лат. silauas saxatilis> *Шатыршағұлділер тұқымдасына жататын көпжылдық эндемик шөптесін өсімдік.*

**ЖАРТАСТАЙ** сын. *Үлкен, мықты.*

**ЖАРТАСТЫ** сын. *Жартасы бар.*

**ЖАРТАСША** үст. *Жартас секілді.*

**ЖАРТАЮ** ет. жерг. ***Жартылану***.

**ЖАРТУЛЫ** сын. сөйл. ***Жартымды***.

**ЖАРТУМАШ** сын. жерг. *Азын-аулақ, жартымсыз.*

**ЖАРТУСЫЗ** сын. сөйл. ***Жартымсыз***.

**ЖАРТЫ** сын. *Бүтін нәрсенің тең бөлігі, жарымы.*

**Жарты ауыз сөз.** *Аз сөз, бірауыз сөз.* **Жарты ғасыр.** *Бір ғасырдың жартысы, елу жыл.* **Жарты дауысты дыбыстар.** лингв. *А.Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын таптасыруындағы ұнның қатысына қарай ұнді дауыссыздардан басым, бірақ дауысты дыбыстардан төмен тұратын дауыссыз дыбыс тобы.* **Жарты дәнді [жартыны] жарып жеді.** *Бүкпелемей аздың өзін бөлісіп татулықта болу, қанағат ету.* **Жарты жаңқам қалғанша.** бейн. окказ. *Соңғы күшім қалғанша, бар жанымды салып.* **Жарты жол.** *Жолдың жартысы, орта жол.* **Жарты [кере] қарыс.** *Қарыс жетпейтіндей, кез.* **Жарты күмбез.** *Жартылай шеңберлене салынған ашық күмбез.* **Жарты құн.** тар. *а) Жабықта (киіз үйдің жабығында) ат теуіп өлтірген балаға төленетін құн мөлшері. ә) Өлген адамның өнері үшін белгіленген төлем.* **Жарты [жарым, орта, шала] құрсақ.** *Тойып тамақ ішпеген, аш.* **Жарты құртты жарып жеді.** *Барын бөлісті, тату-тәтті болды.* **Жарты лашық.** *Ескі-құсқы, құрым киізден ілдалдалап жасаған баспанасымақ.* **Жарты [алты] малта ас болды [етті].** *Ауыз жарымас ауқат талшық болды; қиыншылық көріп, ашығып күн кешті.* **Жарты нақыл.** *Бірауыз пайдалы сөз, ақыл.* **Жарты нан.** *а)Бөлкенің жартысы. ә) Талғажау боларлық, ең аз көлемдегі қарапайым адамның біркүндік асы деген мағынада.* **Жарты өлік.** бейн. *Дәрменсіз, қауқарсыз адам.* **Жарты теңге.** жерг. *Азғантай ақша.* **Жарты терідей жалпылдады.** жерг. *Жарамсақтанды.* **Жарты тиындық пайдасы жоқ.** *Ешқандай көмегі, себі жоқ.* **Жарты түндік.** *Жартылай ашылатын түндік.* **Жарты түсті.** жерг. *Күн батты.* **Жарты шақырым.** *Бір шақырымның жартысы, 500 метр жер.*

**ЖАРТЫАЙНАЛЫМ** зат. спорт. *Тұтас айналымның жарым бөлігіне, 45⁰-қа бұрылып, айналым жасау.*

**ЖАРТЫҒАСЫРЛЫҚ** сын. кіт. *Елу жылдық.*

**ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ** зат. *Алты айлық.*

**ЖАРТЫКЕШ** сын. **1.** *Бүтін емес, бір жағы кетік, сынық, ойық.* **2.** ауыс. *Толымсыз, шала-шарпы.*

**Жартыкеш айқас тігіс.** кәс. *Астыңғы және үстіңгі тігістер жіпті үзбей отырып тігілген, екі жақты тігісі бар, кесте өнерінде қолданылатын тігіс түрі.*

**ЖАРТЫКЕШТЕН=** ет. *Бір жақ шекесі кетіп, ойыңқы көріну.*

**ЖАРТЫКЕШТЕНУ** *Жартыкештен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРТЫЛАЙ** үст. *Бүтіндей, түгелдей емес, аздап, жарымдап.*

**Жартылай автомат.** тех. *Біраз жұмысы қолмен істелетін, қалған жұмыстары автоматтандырылған металкескіш станок.* **Жартылай бөлшектену.** биол. <лат. fissio meroblastici> *Аналық жыныс жасушасындағы сарыуыз қорының бөлшектенуі.* **Жартылай бұталы.** бот. *Шала бұталы.* **Жартылай гиротұсбағдар.** тех. *Ұшу аппараттарының белгіленген бағыттан ауытқу бұрышын өлшейтін гироскоптық аспап.* **Жартылай дайын өнім.** тамақ. *Өндірістік және жеке тұтынуға жарамды, толық дайын болғанша әлі бір немесе бірнеше өңдеуден өтуге тиісті өнім.* **Жартылай күмбез.** сәулет. *Үй яки ғимараттар төбесін жабуға қолданылатын кеңістік құрылымдар.* **Жартылай қаттықанаттылар.** зоол. <лат. heteroptera> *Ұзындығы 1 мм-ден 1 см-ге дейін, фасетті көздері және екі қарапайым көзшелері болатын жәндік отрядының бірі.* **Жартылай қорғаушы.** спорт. *Футбол, хоккей, т.б. спорттық ойындарда қорғаныспен бірге шабуылға да шығып ойнайтын ойыншы.* **Жартылай металдар.** кен. *Химиялық қасиеттері металдарға жақын, бірақ электр өткізгіштігі өте төмен болып келетін висмут, сүрме, сынап, т.б. тәрізді элементтер.* **Жартылай орта салмақ.** спорт. *Спортшылардың 63-тен 67 кг-ға дейінгі салмағы.* **Жартылай отырықшы.** тар. *Түгелдей отырықшы емес.* **Жартылай [шала] өткізгіш.** тех. *Өткізгіштермен изоляторлардың екі аралығында болатын қатты заттар; шала өткізгіштер.* **Жартылай өткізгіш материалдар.** тех. *Жартылай өткізгіштік қасиеті бар заттар.* **Жартылай өткізгіштер.** тех. *Электр өткізгіштігі бойынша металдар мен диэлектриктердің арасынан орын алатын заттар.* **Жартылай өткізгішті болометр.** тех. *Радиациялық сәулелердің энергия мөлшерін өлшеуге арналған аспап.* **Жартылай өткізгішті генератор.** физ. *Жартылай өткізгішті триод арқылы ток көздерінің энергиясын электр тербелісінің энергиясына айналдыратын электрлік тербеліс генераторы, транзистор.* **Жартылай өткізгішті диод.** физ. *Жұмыс принципі жартылай өткізгіштердегі p-n ауысуына негізделіп жасалған екі электродты аспап.* **Жартылай өткізгішті дозиметр.** физ. *Қабылдағыш бөлігі жартылай өткізгіштен жасалған доза өлшеуіш аспап.* **Жартылай өткізгіштік қасиет.** тех. *Бірсыпыра сульфидті және тотықты минералдарда болатын қасиет.* **Жартылай өткізгішті күшейткіш.** физ. *Электр сигналдарын күшейту элементтері жартылай өткізгішті аспаптардан жасалған күшейткіш.* **Жартылай өткізгішті лазер.** физ. *Белсенді аумағы жартылай өткізгіштен жасалған, бірыңғай сәуле шығаратын генератор.* **Жартылай өткізгішті тоңазытқыш.** тех. *Жартылай өткізгіштердің бірбағыттық өткізгіштігі негізінде металдар контактісінен ток өткенде жылу жұтылу құбылысына негізделіп жасалған салқындатқыш аспап.* **Жартылай өткізгішті триод.** тех. *Пайдалану мақсаты мен сипаттамалары жағынан үш электродты күшейткіш шамаға сәйкес келетін жартылай өткізгішті аспап.* **Жартылай пар.** егіншар. *Парға егілетін алғы дақылдарды жинап алғаннан кейін күздік дақыл не келесі жылы жаздық дақыл егу үшін топырақты өңдеу әдісі.* **Жартылай патриархалдық.** тар. *Түгелдей патриархалдық емес.* **Жартылай тұтылу.** астр. *Күннің не Айдың-толық емес, жарым-жартылай тұтылуы.* **Жартылай финал.** спорт. *Біріншілік үшін өтетін спорт ойындарының ақтық жарыс алдындағы кездесуі.* **Жартылай хордалылар.** зоол. <лат.hemichordata> *Екіжақты симметриялы денесі үш бөлімнен тұратын қуысты омыртқасыздардың бір түрі.* **Жартылай ыдырау периоды.** физ. *Берілген радиоактивті зат атомдарының жартысы ыдырап үлгеретін уақыт.*

**ЖАРТЫЛАН=** ет. *Орталану, жарымдану.*

**ЖАРТЫЛАП** үст. *Орталап, жарымдап.*

**ЖАРТЫЛАУ** сын. *Жартымсыз.*

**ЖАРТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жарты литрге тең өлшем.* **2.** сөйл. эвф. *Жарты литр ішімдік, арақ-шарап.*

**ЖАРТЫМАШ** зат. жерг. ***Жарымес***.

**ЖАРТЫМДЫ** сын. *Көңіл толарлықтай, мардымды.*

**ЖАРТЫМСЫЗ** сын. *Мардымсыз, болымсыз.*

**ЖАРТЫСЫНДАЙ** сын. *Бір нәрсенің тең бөлігіндей, жарымындай.*

**ЖАРТЫШАР** зат. геогр. *Жер шарының полюстерінен бастап экватор сызығына дейінгі тең екі бөлігінің бірі.*

**ЖАРУ[1]** *Жар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қопару, ату.* **2.** *Жаңқалау, бұтарлау, бұтау.* **3.** *Бөлу, айыру, ортасынан өту.* **4.** *Тілу, кесу, ақтару. // Жарылыс.*

**Жару жұмыстары.** кен. *Табиғи немесе жасанды материалдарды қопару, орын ауыстыру, не құрылымын өзгерту мақсатында жарылыс жолымен атқарылатын жұмыстар.*

**ЖАРУ[2]=** ет. *Кенелу, қарық болу.*

**ЖАРУЛЫ** сын. *Жарылған, бөлінген.*

**ЖАРУШЫ** зат. *Жару ісін атқарушы.*

**ЖАРШАБИДАЙ** зат. өс. *Бидай тұқымының бір түрі, қарабидай.*

**ЖАРШАУ** зат. жерг. *Шымылдық.*

**ЖАР-ШҰҢҚЫР** зат. *Ойлы-шұңқыр, тегіс емес жер.*

**ЖАРШЫ** зат. **1.** *Үлкен той, астарда мерекені, ойынды, мәжілісті өлең-жырмен бастап жырлаушы ақын.* **2.** тар. *Ертеректе ханның, ел билеушінің, т.б. бұйрығы немесе басқа да жалпы халықтық шаралар туралы ақпаратты ел арасына жеткізуші, жиылған топқа дауыстап айтып беруші арнайы қызметтегі адам.* **3.** ауыс. *Игі істі, жаңалықты бастаушы, таратушы.*

**Жаршы салды.** *Арнайы хабар таратушыларды жіберіп, жұртқа жариялады.*

**ЖАРШЫДАЙ** сын. *Жаршы сияқты.*

**ЖАРШЫЛЫҚ** зат. *Жария етушілік, жұртқа әйгілеушілік.*

**ЖАРШЫСЫНДАЙ** сын. **1.** *Жақтаушысындай, әйгілеушісіндей.* **2.** *Белгісіндей, нышанындай.*

**ЖАРЫ** сын. жерг. *Жартысы.*

**ЖАРЫ=** ет. **1.** *Төлдің (не сәбидің) енесінің сүтіне тоюы, қанағаттануы.* **2.** *Місе тұту, қанағаттану.* **3.** *Жету, қол жеткізу, иелену.* **4.** *Қарық болу, кенелу; дәулетке жету, баю.*

**ЖАРЫҒЫМ** зат. эмоц. *Өзінен кіші адамға жақсы көргенде еркелету мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**ЖАРЫҒЫРАҚ** сын. *Жарықтау.*

**ЖАРЫҚ[1]** зат. **1.** *Сәуле, нұр. // Қараңғы емес; анық, айқын көруге келетіндей.* **2.** физ. *Ұзындықтары 400 км-ден 760 км-ге дейінгі электромагниттік толқындар, адам көзіне көрінетін сәуле.* **3.** физ. *Кең мағынада – көрінетін сәулемен бірге спектрдің ультракүлгін және инфрақызыл аймағындағы сәулелерді де қамтитын оптикалық сәуле.* **4.** *Үй ішіне, үймеретке, бөлмеге сәуле түсіру үшін пайдаланылатын табиғи, жасанды жарық көздері немесе солардың сәулесі.* **5.** ауыс. *Үміт, қызық, жақсылық.* **6.** ауыс. *Осы дүние, жарық дүние, өмір.*

**Жарығы қараңғы болды.** поэт. *Осы дүниеден өтті, жарық дүниеден өтіп, қараңғы көрге енді.* **Жарығын төкті.** поэт. *Нұрын шашты, басқаларға ізгілік, мейірімділіктің т.б.*

нұрын төкті. **Жарығың мол болсын.** тілек. *Ғұмырың ұзақ болсын, көрер қызығың көп болсын деген мағынада.* **Жарық аберрациясы**. астр. *Шырақтың жарық жылдамдығының шекті болу себебінен және бақылаушының Жердің айналуы нәтижесінде қозғалыс салдарынан аспан сферасындағы көрінерлік орнының өзгеруі.* **Жарық ағыны**. физ. *Сәуле ағынын бағалайтын жарық шамаларының бірі, яғни көзде жарық сезімін тудыратын оптикалық сәуленің қуаты.* **Жарық ай.** *Ап-ашық ай.* **Жарық аспан**. *Бұлтсыз айдың немесе күннің нұрына бөленген, ашық аспан.* **Жарық болды.** *Жарқырады, сәуле шашты.* **Жарық газы**. хим. *Метан, сутек және көміртек оксидінен тұратын жанғыш газдар қоспасы.* **Жарық дисперсиясы**. физ. *Заттың сынау көрсеткішінің (n) жарық толқынының жиілігіне (v) не ұзындығына (l) тәуелділігі.* **Жарық дифракциясы**. физ. *Жарық толқындарының мөлшері сол толқындардың ұзындығымен қарайлас тосқауылды орап өту құбылысы.* **Жарық дүние.** а) филос. *Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы адам ғұмырының әр сәтінің қадір-қасиетін терең түсіндіріп, қамтитын «осы дүние, өмір»деген мағынадағы сөз.* ә) *Бүкіләлем, дүниежүзі, жержүзі.* б) поэт. *Алланың адамға сыйға тартқан жер бетіндегі ғұмыры, осы дүниедегі өмір.* в) *Еркіндік, бостандық.* **Жарық дүниеге келді**. поэт. *Туды, дүниеге келді.* **Жарық дүниеге хош айтты**. поэт. *Қайтыс болды, о дүниелік болды, көз жұмды.* **Жарық дүние есігін ашты.** көтер. *Жаңа туды, дүниеге жаңа келді.* **Жарық дүниені көрсетті**. *Дүниеге әкелді, босанды, туды.* **Жарық етті.** поэт. *Жарық қылды, үміттендірді.* **Жарық жұлдыз**. поэт. а) *Асқан талант, дарын иесі.* ә) *Қолжетпес арман, ұстатпайтын асыл нәрсе, зулаған бал дәурен шақ.* б) *Игі мақсат, ізгі арман, нысанаға алған игілікті іс.* в) *Көңіл хошы, жанның дауасы.* **Жарық жұлдыз етті**. *Ізгі мақсат етті, игі арманына айналдырды.* **Жарық жылдамдығы**. физ. *Кез келген электрмагниттік толқынның бос кеңістіктегі таралу жылдамдығы; іргелі физикалық тұрақтылардың бірі.* **Жарық жылы.** астр. *Жарық бір жыл ішінде өтетін жолмен тең қашықтық; ұзындықтың астрономиядағы қолданылатын жүйеден тыс бірлігі.* **Жарық жылындай.** астр. *Жарық бір жыл ішінде өтетін қашықтықтай.* **Жарық импульсі.** физ. *Оптикалық сәуле шығару көздерінің қысқа мерзімді жарық шығаруы.* **Жарық интерференциясы**. физ. *Жарық сәулесі энергиясының екі немесе бірнеше жарық толқынының қабаттасуы нәтижесінде кеңістікте тарала орналасуы.* **Жарық көңіліне жара салды.** *Кіршіксіз ашық, таза көңіліне дақ түсірді.* **Жарық көрді.** а) *Дүниеге келді.* ә) *Өмір сүрді, тіршілік етті.* б) *Жария болды, елге танылды, баспасөзде жарияланды.* в) *Құрсаудан босады, қыспақ көрмей еркін дамыды.* г) *Әзірленді, жүзеге асты, дайындалып, ұсынылды.* **Жарық күн.** а) *Тәуліктің күндізгі бөлігі, ашық күн.* ә) *Сәуле шашқан күн, аспандағы жарықтың, жылудың көзі.* б) поэт. *Жақсылық, қуаныш.* **Жарық күндей**. бейн. *Жайнаған, жарқырап, жарқылдап тұрған жас деген мағынада.* **Жарық күші**. физ. *Белгілі бір бағытта көрінетін сәуле көзінің жарқырауын сипаттайтын жарық шамаларының бірі.* **Жарық қарын жер.** жерг. *Бірнеше жыл тыңайтылған жер.* **Жарыққа шығарды**. *Жариялады, жария етті.* **Жарық қылды**. *Жарық берді, сәуле шашты, нұрландырды.* **Жарық қысымы**. физ. *Жарықтың шағылдыратын және жұтатын денелерге, бөлшектерге, сондай-ақ, жекеленген молекулалар мен атомдарға түсіретін қысымы.* **Жарық механикалық эквиваленті**. физ. *Сәуле ағынының оның құрамындағы жарық ағынына қатынасы.* **Жарық реттегіш.** физ. *Лампа қуатын қажетіне орай реттеуге мүмкіндік беретін тетік.* **Жарық рефракциясы**. физ. *Жарық сәулесінің сыну көрсеткіші үздіксіз өзгеретін ортада қисаюы.* **Жарық сауа.** жерг. *Күншуақ, жайлы жер.* **Жарық сәуле**. а) бейн. *Жер бетін нұрландырып, сәуле шашып, жылытып тұратын күн деген мағынада.* ә) *Ашық нұрлы сәуле.* **Жарық сәуле көрмеді.** *Дүниеде жақсылық, рақат көрмеді.* **Жарық сәулем.** экспр. *Ер адамның сүйіктісіне, қыз балаға айтылатын еркелету нышанындағы қаратпа атауыш.* **Жарық сәулесі.** физ. *Өн бойымен жарық энергиясы таралатын желі, сызық.* **Жарық сигналы техникасы**. физ. *Оптикалық сигнализацияға арналған құрылғылар.* **Жарықтан жасқану**. биол. фотофобия <грек. photos – жарық, phobos – қорқу, жасқану> *Жарық тітіркендіргіштеріне көздің жоғары сезгіштігі.* **Жарық таңба.** астр. *Күн бетінің жиегінде пайда болатын жарық сәулелі құрылым.* **Жарық техникалық шыны.** хим. *Жарық ағынының бағытын немесе спектрлік құрамын өзгертетін шыны.* **Жарық техникасы**. физ. *Оптикалық сәулелерді (жарықты) зерттеумен және оларды өндіру, кеңістіктік таралуы мен сипаттамаларын өлшеу әдістерімен, сондай-ақ, жарық энергиясын басқа энергия түріне түрлендіру мәселелерімен айналысатын ғылым мен техника саласы.* **Жарық тұрғызды.** жерг. *Шам жақты, жарық қылды.* **Жарық түсті**. а) *Сәуле тарап, анық, ашық көрінді, жарықтанды.* ә) *Күн шықты, таң атты.* **Жарық түсірді**. *Сәулесін түсірді.* **Жарықтың жұтылуы**. физ. *Орта арқылы өткен жарық қарқындылығының сол орта бөлшектерімен өзара әсерлесуі нәтижесінде кему.* **Жарықтың модульденуі**. физ. *Жарық модуляциясы, оптикалық сәуленің модульденуі – жарық ағыны қарқындылығының уақыт бойынша өзгеруі немесе кең мағынасында, монохромат жарық тербелісі амплитудасы жиілігінің, фазасының полярлануының белгілі бір заң бойынша өзгеруі.* **Жарықтың полярлануы**. физ. *Жарық поляризациясы жарық толқынының электр және магнит өрістері кернеуліктері векторларының (Е және Н) жарық сәулесі жазықтығына перпендикуляр жазықтықта бағдарлануының реттелуі.* **Жарықтың сыну заңы**. физ. *Жарықтың сыну табиғатына қатысты физикалық заңының бірі.* **Жарықтың сынуы**. физ. *Оптикалық сәуленің екі ортаны бөлетін шекарадан өткен кезде таралу бағытының өзгеруі.* **Жарықтың таралу жылдамдығы.** физ. ***Жарық жылдамдығы.*** **Жарықтың толқындық теориясы.** физ. *Жарықтың толқындық сипаты жайындағы теория.* **Жарықтың шашырауы**. физ. *Оптикалық сәуле (жарық) ағынының затпен өзара әсерлесуі кезінде кейбір сипаттамаларының өзгеруі.* **Жарық энергиясы.** *Әртүрлі жарық қозғалысының және өзара әрекеттестігінің жалпы өлшемі.* **Жарық шашты.** *Сәуле түсірді, нұр төкті.*

**ЖАРЫҚ**[2] зат. мед. <лат. hernia> *Іш қуысында жатқан органдардың немесе олардың бөліктерінің әдеттегі орнынан ішпердесімен бірге тері астына немесе ет жасушасы арасына шығуы; ауру түрі.*

**ЖАРЫҚ**[3] сын. *Бүтін емес, сызат түскен, шытынаған, жарылған.*

**Жарық ерін.** *Тілім-тілім болып терісі жарылған ерін.* **Жарық қарын.** Тойынбаған, ашжалаңаш. **Жарық қарын жер.** жерг. *Бірнеше жыл тыңайтылған жер.* **Жарық май.** *Жарылудан болған тері жарасына жағатын май.* **Жарық түйе.** *Көп мінілген, тіркеуден мұрны жарылған түйе.*

**ЖАРЫҚБАС**[1] зат. жерг. *Ойлы-қырлы, шұңқыр жер.*

**ЖАРЫҚБАС**[2] зат. фольк. *Қазақ ертегілеріндегі басы қазандай кейіпкер.*

**ЖАРЫҚГҮЛ** зат. өс. <лат. trollius> *Бұтағы сирек, жапырағы тілімделген, гүлі ірі, сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАРЫҚДӘРІ** зат. өс. <лат. herniaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАРЫҚ-ЖАРЫҚ** сын. *Тілім-тілім, әбден жарылған.*

**ЖАРЫҚ-ЖҰРЫҚ** елік. ***Жарқ-жұрқ.***

**Жарық-жұрық етті.** сөйл. *Жарқ-жұрқ етті (жарқылдау).*

**ЖАРЫҚҚОҢЫЗ** зат. зоол. *Сәуле шашатын қоңыздың бір түрі.*

**ЖАРЫҚҚҰРАМДАР** зат. хим. *Өздігінен аз ғана жылу бере, жарық шығара алатын заттар негізінде жасалған жарық шығаратын құрамдар.*

**ЖАРЫҚӨЛШЕУІШ** зат. тех. *Жарық деңгейін өлшейтін құрал.*

**Жарықөлшеуіш құрал.** тех. *Жарықтың деңгейін өлшейтін техникалық аспап.*

**ЖАРЫҚСЕЗГІШ** сын. биол. *Жарыққа деген сезімталдығы жоғары.*

**ЖАРЫҚСЕЗГІШТІК** зат. биол. *Жарыққа деген сезімталдық қасиет.*

**ЖАРЫҚСҮЙГІШ** сын. биол. *Жарық жерде тіршілік ететін, жарықты жақсы көретін.*

**Жарықсүйгіш өсімдік.** биол. *Жарықты жақсы көретін, жарық жоқ жерде тіршілігі баяулап, солғын тартатын өсімдік.*

**ЖАРЫҚСҮЙГІШТЕР** зат. *Күннің жарығы мол түсетін жерде тіршілік ететін организмдер.*

**ЖАРЫҚСЫЗ**[1] сын. **1**. *Жарық жоқ күйде, қараңғыда.* **2.** *Үмітсіз, жігерсіз.*

**ЖАРЫҚСЫЗ**[2] сын. *Жарылмаған, жарық, сызат түспеген.*

**ЖАРЫҚТАЛ=** ет. *Қараңғылық серпіліп, сәуле түсу.*

**ЖАРЫҚТАЛЫН=** ет. кіт. *Жарық ағынының біркелкі таралуы.*

**ЖАРЫҚТАЛЫНУ** зат. физ. *Бет нүктесі элементіне түсетін жарық ағынының осы элемент ауданына қатынасымен өлшенетін жарық шамаларының бірі.*

**ЖАРЫҚТАН=** ет. *Қараңғылық серпіліп, сәуле түсу.*

**ЖАРЫҚТАНҒЫШ: жарықтанғыш құрамдар**. физ. *Люминофорлар – қоздыру энергиясын сіңіру нәтижесінде спектрдің әртүрлі облыстарында жарық шығаратын заттар.*

**ЖАРЫҚТАНДЫР=** ет. *Сәулелендіру, жарық еттіру.*

**ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШ** зат. тех. *Ерекше қарқынды жарық шоғырын тудыруға, жарықты мол түсіруге арналған аспап.*

**ЖАРЫҚТАНДЫРУ** *Жарықтандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарық еттіру.* **2.** тех. *Елді мекендерді, электр тогімен немесе басқа да жарық көздерімен қамтамасыз ету шаралары.*

**Жарықтандыру техникасы**. физ. *Жарық энергиясын жарықтандыруға қолданумен айналысатын құралдар.*

**ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛ=** ет. тех. *Жарықпен қамтамасыз етілуі, жарық болатындай жағдайдың жасалуы.*

**ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Жарықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫҚТАНУ** *Жарықтан етістігінің қимыл атауы; сәуле шашу.*

**ЖАРЫҚТАУ**[1]= ет. *Жарық арқылы бейнесін, кескінін айқындау, түсіру.*

**ЖАРЫҚТАУ**[2] сын. *Жарығырақ.*

**ЖАРЫҚТЕХНИКАЛЫҚ** сын. тех. *Жарықтандыру техникасына қатысты.*

**ЖАРЫҚТЫҒЫМ** зат. экспр. **1.** жағымды. *Жарқыным, шырағым деген мағынадағы жақын тартумен, жылы айтылатын қаратпа сөз.* **2.** жағымсыз. *Жақтырмай жеңіл мысқылдау мәнінде қолданылатын қаратпа сөз.*

**ЖАРЫҚТЫҚ**[1] зат. **1.** *Біреудің жақсы қасиетіне риза болып, оған құрмет көрсету ниетімен айтылатын сөз.* **2.** сөйл. *Қайтыс болған адамның іс-қылығына, мінезіне риза болғанда «марқұм» деген мағынада айтылатын сөз.* **3.** миф. *Табиғат күштерін, жан-жануарды пір тұту, соған табыну мағынасын білдіретін сөз.* **4.** экспр. жақтырмау. *«Шіркін, жазған, соққан» деген мысқыл мәнде адамға қарата қолданылатын кемсіту, шенеу мағынасындағы сөз.* **5.** *Бір нәрсеге, біреуге риза болу, оны қасиетті санау мәнінде қолданылатын сөз.*

**ЖАРЫҚТЫҚ**[2] зат. *Жарқырап сәуле түсірушілік.*

**ЖАРЫҚТЫЛЫҚ** зат. физ. *Беттен шығатын жарық ағынының беттік-кеңістік тығыздығы.*

**Жарықтылық коэффициенті.** физ. *Қандай да бір нүктедегі және берілген бағыттағы дене жарықтылығының, жарықтылығы барлық бағытта бірдей, ал шағылысу коэффициенті 100%-ға тең, сондай жағдайда жарықталынатын шашыратқыштың жарықтылығына қатынасы.*

**ЖАРЫҚША**[1] зат. сөйл. ***Жарықшақ.***

**ЖАРЫҚША**[2] зат. *Жарық жер.*

**ЖАРЫҚША**[3] үст. *Жарық сәуле, нұр секілді.*

**ЖАРЫҚШАҚ** зат. **1.** *Жарылып, сызат түскен, шытынаған жер.* **2.** *Жарылып, сызат түскен жерлері арқылы бөлектеніп тұрған бүтіннің бір бөлігі.* **3.** *Темір, ағаш, тас, сүйек сияқты қатты заттың сынығы.* **4.** ауыс. *Қаяу, кірбің, кикілжің.* **5.** ауыс. *Мін, кемшілік, ақау. // Жарылған, тілім, тілім болып кеткен.*

**Жарықшақ дауыс.** *Тарғылданып шығатын жағымсыз дауыс.* **Жарықшақ тас.** *Табиғи яки жасанды тастарды ұсақтау арқылы алынатын құрылыс материалы.* **Жарықшақ түсті.** *Көңілге қаяу салды.*

**ЖАРЫҚШАҚСЫЗ** сын. **1.** *Жарықшағы жоқ.* **2.** ауыс. *Үздіксіз, тарғылданбай жағымды естілетін (дауыс).* **3.** ауыс. *Риясыз, қаяусыз.*

**ЖАРЫҚШАҚТА=** ет. *Жарықшақ шығару, жарықшақ етіп ұсақтау.*

**ЖАРЫҚШАҚТАЛ=** ет. *Сызаттану, жарқышақтану, бірнеше бөлікке бөліну.*

**ЖАРЫҚШАҚТАЛУ** *Жарықшақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫҚШАҚТАН=** ет. **1.** *Жарықшақтарға бөліну, жарылу, сызаттану.* **2.** ауыс. *Дауыстың бірқалыпты шықпай, тарғылдана, бұзыла шығуы.* **3.** ауыс. *Қаяу, реніш түскен.*

**ЖАРЫҚШАҚТАНҒЫШ** сын. *Жарылғыш, шытынағыш.*

**ЖАРЫҚШАҚТАНУ** *Жарықшақтан етістігінің қимыл атауы; жарықшақтарға бөліну, жарылу.*

**ЖАРЫҚШАҚТАУ** сын. *Жағымсыздау, тарғылдау (дауыс).*

**ЖАРЫҚШАҚТЫ** сын. **1.** *Жарықшағы бар, жарықшаққа бөлінген.* **2.** ауыс. *Тарғыл, жағымсыз, үзік-үзік.*

**ЖАРЫҚШАҚТЫҚ** зат. **1.** *Жарықшақтарға бөлінгіштік, бөліктерге, тарамдарға бөлінушілік.* **2.** ауыс. *Қаяу, кірбің түсірушілік.*

**Жарықшақтық коэффициенті.** кен. *Таужыныстардың жарықшақтығын сипаттайтын көрсеткіш.*

**ЖАРЫҚШЫ** зат. *Жарық ауруын емдейтін емші.*

**ЖАРЫЛ=** ет. **1.** *Бүліну, үзілу, талқандалу, сыну, шытынау.* **2.** *Жүрек, қолқа, қан тамыры т. б. ағза мүшелерінің оқыс зақымданудан үзіліп кетуі.* **3.** *Аяқ-қол, бет терісінің шыт-шыт, тілім-тілім болып айғыздануы, сызаттануы.* **4.** *Бомба, снаряд, мина сияқты соғыс құралының от алып атылуы.* **5.** ауыс. *Жікке, бір-бірімен келіспейтін, бірін-бірі қолдамайтын топқа бөліну.* **6.** ауыс. *Бөліну, тарамдалу, бөлектену.* **7.** ауыс. *Ызаға, ашуға булығып, терісіне сыймау.* **8.** ауыс. *Қатты қуаныштан іші толқу, шаттыққа кенелу.* **9.** *Ішкі сырын бүркемелемей, шешіліп сөйлеу.*

**Жарыла жаздады.** а) *Ызаға булықты, ашуланды, қызғанды, іші күйді.* ә) *Қатты қуаныштан, зарыға күтуден т.б. күшті сезіммен іші кернеп, толқыды.* **Жарыла жол берді.** *Жапа-тармағай жолын бөгемей, ашып, ілтипат көрсетті.* **Жарыла көшті.** *Жапа-тармағай бөліне көшті.* **Жарылмаған жұмыртқа.** *Бүлінбеген, кінәдан пәк, таза нәрсе немесе адам.* **Жарылмаған қауыз, шайқалмаған уыз.** *Кінәсіз, пәк, он екіде бір гүлі ашылмаған (бойжеткен, бозбала).* **Жарылып кет [жарыла қал].** қарғ. *Жаның шықсын, өле қал деген мағынадағы жек көргенде, қатты ызаланғанда айтылатын қарғыс сөз.* **Жарылып кете жаздады.** *Күйіппісіп, әбден бұлқан-талқан болды.* **Жарылып өлді.** *Қызғаныштан, іштарлықтан, ашу-ызадан, кектен, т.б. іші қыз-қыз қайнады, әбден күйіппісті.* **Жарылып шықты.** *Бұлықпай, бірден, бар күшімен көрініс берді.*

**ЖАРЫЛАЙ** үст. жерг. ***Жартылай.***

**ЖАРЫЛАП** үст. жерг. *Жартылай, жартылап.*

**ЖАРЫЛҒАҚ** сын. *Жарылғыш, сынғыш.*

**ЖАРЫЛҒАНСЫ: ағынан жарылғансыды.** экспр. жақтырмау. *Шын пейіл білдіргенсу, мүләйімсу.*

**ЖАРЫЛҒАСЫН: жарылғасын айтты.** сөйл. ***Жарылқасын айтты.***

**ЖАРЫЛҒЫШ** сын. **1.** *Тез бөлінгіш, омырылғыш.* **2.** тех. *Оталып тұтанғыш, қопарғыш. // Жарылғыш заттар.*

**Жарылғыш заттар.** а) *Оталып тұтанғыш заттар.* ә) кен. *Белгілі бір сыртқы әсердің – бастапқы импульстің ықпалымен жоғары жылдамдықпен басқа жүйелерге немесе заттарға өтуге қабілетті химиялық жүйелер.* **Жарылғыш зат теориясы.** кен. *Жарылғыш заттың жарылысқа айналу процесін зерттейтін химияның саласы.*

**ЖАРЫЛҒЫШТЫҚ** зат. *Жарылуға, сынуға бейімділік.*

**ЖАРЫЛҚА=** ет. **1.** *Бақытты қылу, жолын ашу, қолын бақытқа жеткізу.* **2.** *Кенелту, қарық қылу.* **3.** *Мәз қылу, бір қуанту, риза ету.* **4.** экспр. жақтырмау. *Қолынан түк келмеді, шамасы жеткені осы болды, жетістіріп жарытпады деген мысқыл мәндегі сөзқолданыс.*

**ЖАРЫЛҚАҒЫШ** сын. *Біреуге жақсылық еткіш.*

**ЖАРЫЛҚАН=** ет. *Риза болу, кенелтілу.*

**ЖАРЫЛҚАНУ** *Жарылқан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫЛҚАСЫН** зат. *Жарылқаушылық, қамқорлық.*

**Жарылқасын айтты.** сөйл. *Ризашылығын білдіріп, жақсылығы Алладан қайтсын деген тілек айтты.*

**ЖАРЫЛҚАУ** *Жарылқа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кенелту; тілегін орындау.* **2.** экспр. жағымсыз. жақтырмау. *Қолынан түк келмеу, жетістірем деп бос әуре болу.*

**ЖАРЫЛҚАУШЫ** зат. *Тілеуін беруші, жетістіруші, бақытқа, жақсылыққа жеткізуші.*

**ЖАРЫЛҚАУШЫЛЫҚ** зат. пед. *Қамқорлық және жақсылық жасауға, басқа адамдардың, қоғамның көркеюіне бағытталған әрекет.*

**ЖАРЫЛУ** *Жарыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Оталып атылу.* **2.** *Екіцдай болу, екі жаққа бөліну.*

**ЖАРЫЛЫС** зат. **1.** *Оталып тұтанатын заттың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу.* **2.** ауыс. *Ішкі серпіліс, тұла бойды серпілткен күш.*

**ЖАРЫМ** сан. **1.** *Екіге бөлген заттың бір бөлігі, жартысы.* **2.** *Белгілі бір уақыт көлемінің, ағымының тең екіге бөлгендегі бір бөлігі, жартысы.* **3.** сөйл. ауыс. *Кемтар, жарымжан.* **4.** сөйл. ауыс. *Есуас, жындысүрей.*

**Жарым батпан.** жерг. *Он килограмдық салмақ.* **Жарым болды.** *Жарымжан болды.* **Жарым жас.** а) *Адамның орта жасы, егде тартқан кезі.* ә) *Жарты өмірі, тіршілік еткен бүкіл ғұмырының жартысы.* **Жарым жол.** *Жарты жол.* **Жарым құрсақ.** *Аш құрсақ.* **Жарым түн [түн жарымы].** *Түн ортасы.*

**ЖАРЫМДА=** ет. а) *Жартылау, екіге қақ бөлу.*

**ЖАРЫМДАЛ=** ет. *Жартысы қалу, азаю, жартылану.*

**ЖАРЫМДАЛУ** *Жарымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫМДАУ** сын. *Жарыместеу, есуастау, жындысүрейлеу.*

**ЖАРЫМДЫҚ** зат. *Ақылы кемдік, жарыместік.*

**ЖАРЫМЕС** сын. *Есерсоқ, есалаң, есуас, ақылсыз.* **2.** экспр. жағымсыз. *Біреудің ойланбай істеген қателігіне немесе есерсоқ қылығына ашуланғанда айтылатын кейіс сөз.*

**Жарымес кісідей.** *Есінен айырылғандай, есі ауысқандай.*

**ЖАРЫМЕСТЕН=** ет. *Есуастану, есалаңдану.*

**ЖАРЫМЕСТЕНУ** *Жарыместен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫМЕСТЕУ** сын. *Есерсоқтау, есуастау.*

**ЖАРЫМЕСТІК** зат. **1.** *Есерсоқтық, есуастық.* **2.** псих. *Адамның бұрынғы білімі мен тәжірибесі жоғалып, дүние тану қабілетінің жаңа мәліметтерді қабылдай алмайтындай нашарлауы.*

**ЖАРЫМЖАН** сын. **1.** *Кемтар, мүгедек, дімкәс.* **2.** *Мүсәпір, ғаріп, сорлы.* **3.** ауыс. *Шала.*

**Жарымжан көңіл [көңілі жарымжан].** *Қамкөңіл, көңілі алаң.*

**ЖАРЫМЖАНДАН=** ет. **1.** *Кемтарлану, мүгедектену.* **2.** ауыс. *Алаңдау, беймазалану.*

**ЖАРЫМЖАНДАНУ** *Жарымжандан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫМЖАНДАУ** сын. экспр. *Біреудің қандайда бір кемтарлығын бірден айта салмай, жұмсартып жеткізу мәнінде қолданылатын кемтарлау, дімкәстау деген сөз.*

**ЖАРЫМЖАНДЫ** сын. сөйл. ***Жарымжан.***

**ЖАРЫМЖАНДЫҚ** зат. *Мүгедектік, кемтарлық, ғаріптік.*

**ЖАРЫМ-ЖАРТЫ** зат. **1.** *Барлығы емес, жартылай.* **2.** *Бірлі-жарым, бірен-саран.*

**ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ** үст. **1.** *Толықтай емес, шала-шарпылау.* **2.** *Түгелдей емес, аздап.*

**ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАП** үст. *Аздап, ептеп.*

**ЖАРЫМСАҚ** сын. *Жартылай.*

**ЖАРЫМШЫЛ** сын. *Кемтар, қаяулы.*

**ЖАРЫМЫНШЫ** сан. *Жарты, толық емес.*

**ЖАРЫН** үст. жерг. *Келесі жыл.*

**ЖАРЫП: жарып болды.** жерг. *Атақты болды, даңқы шықты.*

**ЖАРЫС** зат. **1.** *Бәйге, атшабыс.* **2.** *Спорттық сайыс немесе ойын түрлері мен өнердің бір түрінен сынасу мақсатында өткізілетін арнайы шара.* **3.** сов. *Кеңес өкіметі тұсында еңбек өнімділік арттыру мақсатында еңбек ұжымы*

*немесе оның мүшелері арасында жүлде алу үшін өткізілетін өзара сайыс, бәсеке, сын шарасы.* **4.** ауыс. *Бәсеке, егес.* **5.** а у ы с . *Күрес, күш сынасу.*

**Жарыс автомобилі**. с п о р т . *Автомобиль спортына және шапшаң жүруден рекорд жасауға арналған бір не екі орынды автомобиль.* **Жарыс әдісі.** *Білім алуға тәрбиеленушілердің барлығын қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді, шығармашылықпен қатыстыру әдісі.* **Жарысқа қамтылды.** ж е р г . *Жарысқа қатысты.* **Жарысқа салды.** *Бәйгеге қосты, бәсекеге түсті.* **Жарыс қойды.** *Қатарласа шапты.* **Жарыс төрешісі.** *Жарыста билік ететін адам.* **Жарыс туы.** с о в . *Кеңес өкіметі тұсында еңбек ұжымдары арасында еңбек өнімділігін арттыру мақсатындағы өткізілетін бәсекеден озып шыққан ұжымға салтанатты түрде табыс етілетін жеңіс белгісі ретіндегі ту.*

**ЖАРЫС[1]=** е т . **1.** *Озып шығу, қалып қоймау мақсатын көздеп жүгіру, шабу, алға қарай ентелеу, ұмтылу.* **2.** *Күш сынасу.* **3.** *Бір-бірімен бәсекелесу, бірін-бірі басып озып отыру.* **4.** *Бәйгеге, ат шабысына қатысу.* **5.** *Өнер таластыру, өнерімен, ақылымен т.б. күш сынасу, айтысу.* **6.** с о в е т . *Еңбек өнімділігін арттыру үшін, еңбекте озат атану үшін, жоспарды орындау үшін күресу, өзара күш сынасу.* **7.** *Қатарласып қалыспау, қабаттасу.*

**ЖАРЫС[2]=** е т . *Кесісу, шағысу, сындырысу.*

**ЖАРЫСКЕР** з а т . *Жарысатын адам.*

**ЖАРЫСҚАЗАН** з а т . э т н . *Толғағы келген әйелдің босануы жеңіл, тез болсын деген ырыммен әйелдер қатысатын қазан асу.*

**ЖАРЫСПА** с ы н . *Жарыса, қабаттаса қолданылатын.*

**ЖАРЫСПАЛЫ** с ы н . *Жарыса жүретін, қабаттаса қолданылатын.*

**Жарыспалы сабақтас.** л и н г в . *Бағыныңқы компоненттері басыңқымен тек бір сипаттағы қатынаста болатын көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем түрі.*

**ЖАРЫССӨЗ** з а т . *Жиналыстағы бір мәселенің талқылануы, талқылау кезіндегі пікір алмасу.*

**ЖАРЫСТАС** с ы н . *Жарысқа бірге түскен, бәсекелес.*

**ЖАРЫСТЫР=** е т . *Бәйгеге қатыстыру, таластыру, күш сынастыру.*

**ЖАРЫСТЫРУ** *Жарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫСТЫРЫЛ=** е т . *Бірдей қатыстырылу, қатарластырылу.*

**ЖАРЫСТЫРЫЛУ** *Жарыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫСУ** *Жарыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күш сынасу, шауып ойнау.* **2.** с п о р т . *Денешынықтыру жаттығуларының бір түрі, спорт ойыны мағынасында.* **3.** а у ы с . *Бәсекелесу, бақталасу.*

**ЖАРЫСУШЫ** с ы н . *Жарысқа қатысушы, жарысқа түсуші.*

**ЖАРЫТ=** е т . *Қарық қылу, мандыту.*

**ЖАРЫТУ** *Жарыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАРЫТУЛЫ** с ы н . *Татымды, мандымды.*

**ЖАРЫТУСЫЗ** с ы н . *Татымсыз, мандымсыз.*

**ЖАРЫТЫМДЫ** с ы н . *Татымды, мандымды.*

**ЖАРЫТЫМСЫЗ** с ы н . *Мандымсыз, шамалы.*

**ЖАРЫТЫП** ү с т . *Ұқсатып, мандытып, тындырып.*

**ЖАС[1]** з а т . **1.** *Адамның, жан-жануардың, т. б. өмір сүру мезгілін белгілейтін уақыт, жыл саны.* **2.** п с и х . *Ағза мен тұлға қалыптасуына тән заңдылықтардың жиынтығымен сипатталатын адам дамуының кезеңі.*

**Жас дағдарыс**. п с и х . *Психологиялық қауырт өзгерістермен сипатталатын, адам дамуындағы ерекше кезеңдер.* **Жас ерекшеліктері**. п с и х . *Адамның жасына сәйкес даму заңдылықтары.* **...жасқа келгенше**. *Өмір сүрген қандай да бір уақыт, жылдар бойында.* **Жасқа қатысты сензитивтілік**. п с и х . *Белгілі бір психологиялық қасиеттер мен процестердің дамуы үшін қажет жағдайлардың белгілі бір жас кезеңіне тән оңтайлы үштасуы.* **Жас мөлшері [шамасы].** *Адамның болжалдап, тұспалдап анықтағандағы жасы.* **Жас психологиясы**. п с и х . *Адам психикасының дамуын және оның жас тұрғысынан әртүрлі кезеңдердегі ерекшеліктерін зерттейтін психология саласы.* **Жас толды.** *Жасы белгілі бір мөлшерлі жылға жетті.* **Жас толықты**. *Қартайды, қарттыққа жетті.* **Жасы асқан.** *Қартайған, ұлғайған.* **Жасы асты**. *Жасы бір кезеңнен өтті.* **Жасы байтақ.** ж е р г . *Ұлан-байтақ, кең-байтақ.* **Жасы бір.** *Құрдас, жасты.* **Жасы еңкейді.** *Жасы жетіп қартайды.* **Жасы жер ортаға таяды [жас ортасына келді]**. *50-60 жасқа келді.* **Жасы [жасқа] жетті [келді].** а) *Ер жетті, бой жетті, кәмелетке толды.* ә) *Қартаң тартты, жер ортасы жастан асты.* б) *Қандай да бір уақыт, жылдар өмір сүрді.* **Жасы кіші.** *Жасы үлкен емес.* **Жасы қатар**. *Құрбылас, тең құрбы, құрдас.* **Жасы қисайды.** *Жасы ұлғайды, жасы кетті.* **Жасына жас қосты.** *Жасы ұлғайды, есейді.* **Жасына жетпей.** *Өспей, ер жетпей жатып, жастайынан.* **Жасын салды.** *Жасы қаншада екенін көрсетті.* **Жасы тоқтаған.** *Қартайған, жасы үлкен.* **Жасы тоқтасқан**. *Өмір тәжірибесін көрген, қартаң тартқан.* **Жасы толды.** *Ержетті, азамат болды.* **Жасы ұзақ болсын!** а л ғ ы с . *Көп жасасын, өмірлі болсын деген мағынада біреуге ризашылық білдіргенде айтылатын алғыс сөз.* **Жасы ұлғайды.** *Жер ортасы жастан асты, қартаң тартты.* **Жасы үлкен.** а) *Жасы көп, жас жағынан үлкендігі бар.* ә) *Ақыл тоқтатқан, берер өнегесі мол, өзінен кішілер аға тұтқан жасқа толған (ер адам).* б) *Адамның өмірі мөлшері.*

**ЖАС[2]** с ы н . **1.** *Жасөспірім, жеткіншек, қыз-бозбала.* // *Жастар, жеткіншек, жасөспірім, жас ұрпақ.* **2.** *Уылжыған, балғын.* // *Жастық, балғын шақ.* **3.** *Тәжірибесіз, шыңдалмаған.* **4.** *Жасы кіші.* **5.** *Жаңа туған, кәрі емес (төл).* **6.** *Жаңа көктеп шыққан, буыны қатпаған, қурамаған, сарғаймаған (өсімдік).* **7.** *Кеппеген, қатпаған (тағам не басқа бір зат).*

**Жас ару**. п о э т . *Сымбатты, уылжыған сұлу.* **Жас бала**. а) *Нәресте, сәби.* ә) *Кәмелетке толмаған жасөспірім.* б) п о э т . *Пәк, аңғал.* **Жас [балаша] баладай.** *Жас бала сияқты.* **Жас баладай жылады.** *Шырылдады, зар еңіреді.* **Жас баладай кекшіл.** *Бала сияқты тез ашуланғыш, кінәмшіл, өкпелегіш.* **Жас баланың етіндей.** *Уылжыған, үлбіреген.* **Жас балапан.** *Нәресте, жас бала; он екіде бір гүлі ашылмаған.* **Жас басынан.** *Жас кезінен.* **Жас бозым.** *Боздақ жас.* **Жас босанған.** *Жаңада, таяуда босанған (әйел).* **Жас бөбегім.** *Бүлдіршіндей жас, балдырған.* **Жас бөбектей**. б е й н . *Сәбидей, балбыраған, пәк, бейкүнә.* **Жас буын [жас ұрпақ].** а) *Жасөспірім, жеткіншек.* ә) *Қатаймаған, қалыптаспаған (адам); жастар, кейінгі ұрпақ.* **Жас ғұмыр.** *Жастық шақ, жас өмір.* **Жас дәурен [кез, дәуір, өмір, шақ].** *Өмірдің ең қызықты жастық шағы.* **Жас ет.** а) *Жаңа сойылған малдың еті.* ә) *Жаңа сойылған малдың асылған, піскен еті.* **Жас жауқазын [сарымсақтай].** *Толып піспеген, уыздай.* **Жас жеткіншек.** *Ержетіп, есейіп қалған қыз-бозбала.* **Жас жолбарыс.** п о э т . *Ержүрек, күш-қайраты асқан, дұшпанына қаһарлы жігіт.* **Жас жұбайлар.** *Жаңа үйленген ерлі-зайыптылар.* **Жас жүрек.** п о э т . а) *Ғашық, ынтық болған жүрек.* ә) *Ғашық болып, сүйген адам.* б) *Жас адамның көңілі.* **Жас жігер.** ж е р г . *Жас сексеуіл.* **Жас жігіт.** *Бала жігіт пен жігіт ағасының аралығындағы ер адам, бозбала.* **Жас жігіттей**. *Бойындағы күш-қайраты тасыған, жігіт ағасы жасына жетпеген ер адамдай.* **Жас иіс.** а) *Жас бала, сәби, бөбек.* ә) *Егде тартқан адамның кейінгі үйленген жас әйелі.* б) *Жаңадан жапырақ атқан өсімдіктерден шығатын хош иіс.* **Жас кез**. *Жастық шақ.* **Жас келін**. э т н . *Күйеуінің үйіне жаңа түскен некедегі әйел.* **Жас келіншек.** *Некедегі жас әйел.* **Жас келіншекше**. б е й н . *Жаңа түскен келіндей.* **Жас көңіл.** *Балауса қиял, ой.* **Жас киіз.** *Жаңа басылған киіз, жаңадан дайындалған киіз.* **Жас күн.** *Балалық кез, жастық шақ.* **Жас қайрат.** б е й н . *Жаңа буын, жеткіншек.* **Жас қанат**. п о э т . *Жас талап.* **Жас қауым.** *Жастар тобы, өскелең ұрпақ, жаңа буын.* **Жас қиял**. *Жас адамның арманы, тілегі.* **Жас құрт.** *Шала кепкен құрт.* **Жас қыран.** п о э т . *Батыр, ержүрек, алғыр.* **Жас қыранша**. п о э т . *Батыр, ержүрек алғыр адамша.* **Жас малдың еті.** *Тоқты, құнажын т.б. сияқты мал төлінің еті.* **Жас наурыз жүйесі [Көктастың наурызы].** *Наурыз айының 22 жұлдызынан басталатын жыл санау.* **Жас орман.** *Жаңа өсіп келе жатқан орман.* **Жас отау**. э т н . *Жаңадан қосылған жас жұбайлардың үйі.* **Жас өлім.** *Қыршын жастың қазасы.* **Жас өмір.** п о э т . *Жастық шақ, балғын кез.* **Жас өрім.** *Өрімдей жас.* **Жас өскін.** с ө й л . *Жасөспірім, жеткіншек.* **Жас пен кәрі.** *Жастар мен үлкендер, барлығы.* **Жас пері.** б е й н . *Жас жігіт.* **Жас сорпа.** *Жаңа сойылған мал етінің сорпасы.* **Жас та болса бас болғандай**. *Жасы кіші болса да, ересек адамдай қам жеген, ойлы.* **Жас [жаңа] талап.** *Жасөспірім, жеткіншек.* **Жас талдың қабығындай.** *Нәзік, талдырмаш, жас.* **Жас түлек.** а) с а я т . *Қыран құс балапанының бірінші түлегені.* ә) п о э т . *Намысшыл жеткіншек, жас ұрпақ.* **Жас уыз.** п о э т . *Балдырған, балауса жас.* **Жас ұлан.** а) *Жас жеткіншек, өспірім ұрпақ.* ә) с о в . *КСРО кезінде 12-18 жас аралығындағы жеткіншектердің идеологиялық ұйым мүшесі, пионер.* **Жас ұрпақ**. э т н . *Аға буыннан кейінгі жастар, жас буын.* **Жас үміт**. *Жас адамның қиялы, арманы.* **Жас шақ**. *Жас кез, жастық кез, күн.*

**ЖАС[3]** з а т . *Жылағанда көзден шығатын сұйық зат.*

**Жас ақты [парлады, сорғалады, шұбырды].** а) *Жылады, еңіреді, боздады.* ә) *Шапқан аттың екпінінен көзден жас ақты.* **Жас буды**. *Көзіне жас толды, жасқа тұншықты.* **Жас жаудырады [мөлдіреді].** *Көзі жасаурады, жас мөлтілдеді.* **Жасқа [көз жасына] булықты.** *Тығылып, қыстығып қатты жылай алмады.* **Жаспен жуды.** *Жылап-сықтаумен жұбатты.* **Жас саулады.** *Көзінен жас тоқтамай төгілді, жас ақты.* **Жас тамды**. *Жылады, жас шықты, еңіреді.* **Жас төкті.** *Жылап-сықтады, еңіреді.* **Жасын [көз жасын, көзінен жас] төкті [көлдей төкті]. Жасын [көз жасын] тыйды.** а) *Жылағанын қойды, жыламады.* ә) *Жылатпады, көңіліне демеу болды.*

**ЖАС[4]** з а т . ж е р г . *Су, ылғал, жаңа қазған құдықтың алғашқы суы.*

**ЖАСА[1]=** е т . **1.** *Өмір сүру, тіршілік ету; өмірлі болу.* **2.** *Даму, өркендеу, асқақтау.*

**ЖАСА[2]=** е т . **1.** *Жарату, пайда ету.* **2.** *Бір затты істеп, дайындап шығару.* **3.** *Ас-тағам әзірлеу, қамдау.* **4.** *Той-думан сияқты елеулі оқиғаны өткізу, атап өту.* **5.** *Ұзатылатын қыздың жасауын дайындау.* **6.** ж е р г . *Қызмет істеу, жұмыс істеу.*

**Жасаған жарылқа.** *Құдай тілеуімді бере көр деген мағынадағы Аллаға жалбарынуды білдіретін сөз.* **Жасаған жарылқады.** *Алла тағала тілегін орындап, бақытқа кенелтті.* **Жасаған жылдар.** *Өткен өмір.*

**ЖАСАҒАН[1]** з а т . д і н и . *Құдай, Алла, Тәңірі, Жаратушы.* **Жасаған ие.** *Жаратушы,*

*Құдай.* **Жасаған [Құдай] иіді.** *Құдай оңдады, тәңір жарылқады.*

**ЖАСАҒАН**[2] сын. жерг. *Жасы келген, жасамыс.*

**ЖАСАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені істеуге, дайындауға бейім.*

**ЖАСАЙ** жерг. *Жасқа.*

**ЖАСАҚ** зат. тар. **1.** көне. *Тайпа көсемінің, ханның төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауы.* **2.** *Басқа елге жорық жасар алдында, тайпаға не ұлтқа сырттан қатер төнген кезде, сондай қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер тұсында халық арасынан өз еркімен жиналып, басқыншыларға не әлеуметтік әділетсіздікке қарсы көтерілген қарулы қол.* **3.** *Жеңілген елден заттай алынатын алым-салық.* **4.** *КСРО үкіметінде қоғамдық тәртіп ережелерін бұзушылармен күресу үшін мемлекеттік органдарға көмектесу мақсатында құрылған ерікті ұйым.*

**Жасақ тартты.** *Қол жинады, нөкер ертті.*

**ЖАСАҚ-ЖАМПАЗ** зат. *Белгілі бір мақсат үшін жасақталған топ.*

**ЖАСАҚТА=** ет. **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз етіп, соғысқа дайындау.* **2.** *Топ құрып ұйымдастыру.* **3.** ауыс. *Әзірлеу, даярлау.*

**ЖАСАҚТАЙ** сын. *Жасақ сияқты, жасақ тәрізді.*

**ЖАСАҚТАЛ=** ет. а) *Жиһаздалу, безендірілу.* ә) *Топтастырылу, ұйымдастырылу.*

**ЖАСАҚТАЛУ** *Жасақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҚТАЛЫН=** ет. *Топтастырылу, ұйымдастырылу.*

**ЖАСАҚТАЛЫНУ** *Жасақталын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҚТАН=** ет. *Ұйымдасу, топтасу, қарулану.*

**ЖАСАҚТАНУ** *Жасақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҚТАНДЫР=** ет. *Ұйымдастыру, топтастыру, қаруландыру.*

**ЖАСАҚТАНДЫРУ** *Жасақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҚТАС=** ет. *Ұйымдасу, топтасу.*

**ЖАСАҚТАСУ** *Жасақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҚТАУ** *Жасақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз ету, дайындау.* **2.** ауыс. *Әзірлеу, даярлау.*

**ЖАСАҚТАУШЫ** зат. *Дайындаушы, ұйымдастырушы, құрушы.*

**ЖАСАҚТЫ** сын. *Қару-жарақты, ұйымдасқан, топтасқан.*

**Жасақты жау.** *Қаруланған, топтасқан жау, дұшпан.*

**ЖАСАҚШЫ** зат. тар. *Жасақ құрамындағы жауынгер.*

**ЖАСАҚШЫЛЫҚ** зат. *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресушілік.*

**ЖАСАЛ=** ет. **1.** *Жаралу, істелу, құрау.* **2.** *Дайындалу, әзірлену.*

**ЖАСАЛА=** ет. *Жаса-жаса деп қошеметтеу.*

**ЖАСАЛУ** *Жасал етістігінің қимыл атауы; дайындалу, түзілу.*

**ЖАСАЛЫН=** ет. *Істеліну, құрылу, даярланылу.*

**ЖАСАЛЫНУ** *Жасалын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАМА** сын. сөйл. ***Жасанды.***

**ЖАСАМАЛ** сын. сөйл. *Жасамыс, жасы келген.*

**ЖАСАМАЛДАУ** сын. *Жасамал болып қалған.*

**ЖАСАМАЛЫ** сын. сөйл. ***Жасамыс.***

**ЖАСАМАС** сын. сөйл. ***Жасамыс.***

**ЖАСАМПАЗ** сын. *Еңбекте жаңа табыстарға жетіп, өз үлесін қосушы.*

**Жасампаз элементтер.** кен. *Кеннің құрамына кіретін және одан алынған өнімнің сапасын мейлінше жақсартатын элементтер.*

**ЖАСАМПАЗДЫҚ** зат. *Еңбекте, өмірде жаңалық атаулыны қалыптастырушылық.*

**ЖАСАМЫС** сын. **1.** *Орта жастан асқан, егде, мосқал тартқан.* **2.** *Жасамалы, біраз жасаған (мал, хайуан).* **3.** ауыс. *Көпті көрген, ысылған, тәжірибелі, тісқаққан.*

**ЖАСАМЫСТАУ** сын. *Егделеу, мосқалдау.*

**ЖАСАМЫСТЫҚ** зат. *Егде тартқандық, тісқаққандық.*

**ЖАСАМЫШ** сын. сөйл. ***Жасамыс.***

**ЖАСАН**[1]**=** ет. зат. *Шөбі қурамаған, көгал, көк шөпті жер.*

**ЖАСАН**[2]**=** ет. **1.** *Қару-жарақ асынып қарулану, ұрысқа әзірлену.* **2.** *Барын киіп сәндену.* **3.** ауыс. *Көркею, жайнау, гүлдену, құлпыру.*

**Жасанған жау.** *Қаруланған шапқыншы, дұшпан.* **Жасанған қол.** *Қарулы әскер.*

**ЖАСАНДЫ** сын. *Табиғи емес, қолдан жасалған.*

**Жасанды аспан денелері.** астр. *Жасанды жер серіктері.* **Жасанды бейімділік.** биол. *Жерсіндірілген өсімдіктер мен жануарлардың жаңа тіршілік ортасына, жаңа биоценеоздарға бейімделіп, тіршілікке қабілеті бар ұрпақ беруі.* **Жасанды жанғыш заттар.** физ. *Отындарды арнаулы аппараттарда өңдеу (газдандыру) арқылы алынатын газтәрізді өнімдер қоспасы.* **Жасанды жер құнарлылығы.** сушар. *Топырағы тозған өнімді аз беретін жер алқаптарына құнарлы топырақты тасып апарып пайдаланылатын жердің өнімділігін арттыру жұмыстарының жиынтығы.* **Жасанды жер серігі [жердің жасанды спутнигі].** *Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат.* **Жасанды жолмен аэрациялау.** мелиор. *Судың өзін-өзі тазалау қабілетін күшейтудің тиімді тәсілі.* **Жасанды зияткерлік.** 1. *Формалды алгоритмі жоқ табиғи тілді түсіну, оқыту, үйрету, теореманы дәлелдеу, кескіндерді тану сияқты т.б. мәселелерді шешу әдістерін зерттеумен айналысатын информатиканың бір саласы.* 2. *Адам мен электрондық мәшинелерге тән есеп шығару, ақпарат өңдеу қабілеті.* 3. *Адамның парасаттық қызметін азды-көпті шындыққа жанасатындай бейнелеуге арналған ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер, тәсілдер мен құралдар үшін жалпы атау.* **Жасанды иммунитет.** мед. *Ауруды болдырмау мақсатында алдын ала егудің немесе емшек сарысуын ағзаға жіберудің нәтижесінде пайда болатын жүре біткен иммунитет түрі.* **Жасанды интеллект.** инф. *Информатика ғылымының табиғи тілді түсіну, оқыту, үйрету, сондай-ақ, теореманы дәлелдеу, кескіндерді тану, т.б. әдістерін әзірлеумен айналысатын бір бөлімі.* **Жасанды интеллект жүйесі.** инф. <ағыл. system of artificial intelligence> *Жасанды зияткерлік жүйесі (жұмысы жасанды зияткерлікті пайдалануға негізделген автоматтық немесе автоматтандырылған жүйе).* **Жасанды камфора.** хим. *Жасанды жолмен скипидардың пинен фракциясын өңдеу арқылы немесе самырсын майынан алынатын камфора.* **Жасанды каучук.** хим. *Вулкандау арқылы резеңкеге айналдыруға болатын жасанды полимерлер.* **Жасанды көлтабан.** сушар. *Көктемде еріген қар суын немесе тасыған өзен суын жинау үшін аумақтың ыңғайлы телімін үйілген топырақ жолымен шектеу жолымен жасалған алаң.* **Жасанды қоректендіру.** биол. *Адам ағзасына (жұта алмаған кезде, асқазан ауруларында, ессіз жатқан науқасқа және т.б. жағдайларда) қоректік заттарды енгізу.* **Жасанды минералдар.** геол. *Құрамы мен құрылысы минералдарға сәйкес келетін лабораториялық не техникалық процесс туындылары.* **Жасанды мұз айдыны.** *Мәнерлеп сырғанаудан, конькиден, мотоцикл спортынан, хоккейден жарыс және цирк, балет, би ойындарын өткізуге арналған орын.* **Жасанды мінез.** *Құбылмалы мінез, сырт көзге жақсы көрінуге тырысу.* **Жасанды өсімдіктер.** биол. *Бір өсімдік дарағының құрылысында генетикалық тұрғыдан әртүрлі өсімдіктерге тән жасушалардың, ұлпаларының болуы.* **Жасанды полюстеу әдісі.** геол. *Арнайы жіберілген электр тогы әсерінен таужыныстар мен кендердің қатты және сұйық фазаларының шекарасында пайда болатын электрхимиялық және электркинетикалық процестерден туындайтын жер қойнауларындағы қосалқы электр өрістерін зерттеуге негізделген электрбарлау әдісі.* **Жасанды серік.** тех. *Жердің жасанды серігі.* **Жасанды серіктер.** физ. *Қуатты қозғалтқыштардың – зымырандардың күшімен Жер бетінен биікке шығарылатын аспаптар.* **Жасанды спутник.** сөйл. ***Жасанды серік.*** **Жасанды су қоймасы.** *Табиғи емес су қоры.* **Жасанды сұрыптау.** биол. *Адам қажеттерін қанағаттандыру мақсатында өсімдіктер мен жануарларды бір немесе бірнеше белгілері бойынша ұрпақтан ұрпаққа жүйелі түрде сұрыптау.* **Жасанды талшық.** хим. *Табиғи органикалық полимерлерден синтездеу арқылы алынатын химиялық талшық.* **Жасанды төсеніш.** кен. *Ұсақ кенді 2-3 мм шөктіріп байытуда түйіршіктердің ауыр және жеңіл фракцияларға дәлірек бөлінуін жақсарту үшін диаметрлері тор тесіктерінің диаметрлерінен үлкен, тығыздығы ауыр минералдан төмен, жеңіл минералдан жоғары заттан түйіршік түрінде жасалатын төсеніш.* **Жасанды түсік.** мед. <лат. abortus> *Алғашқы 28 аптаның ішінде медициналық жолмен жүктілікті тоқтату, шарананы алдырып тастау.* **Жасанды тіл.** лингв. *Табиғи тілді қолдану мүмкін болмайтын немесе оның сапасы келмейтін жағдайларда қолданылатын ғылыми негізде қолдан жасалған ғылыми-техника тілі.* **Жасанды элементтер.** хим. *Ядролық реакциялар нәтижесінде алынатын химиялық элементтер.*

**ЖАСАНДЫЛАУ** сын. *Табиғи емес, жасанды сияқты.*

**ЖАСАНДЫЛЫҚ** зат. *Жасанды болып көрінушілік.*

**ЖАСАНДЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Жасандылығы жоқ, табиғи.*

**ЖАСАНДЫР=** ет. *Көркейту, гүлдендіру.*

**ЖАСАНДЫРУ** *Жасандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Барынша әдемі киіндіру, ұлде мен бұлдеге орау.* **2.** *Көркейту, гүлдендіру.*

**ЖАСАНДЫРЫЛ=** ет. *Көркейтілу, гүлдендірілу.*

**ЖАСАНДЫРЫЛУ** *Жасандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАНТ=** ет. **1.** *Жаңғырту, жаңарту.* **2.** *Құлпырту, гүлдей жайнату.*

**ЖАСАНУ** *Жасан етістігінің қимыл атауы; құлпыру, жайнау.*

**ЖАСАНЫС=** ет. *Қарулану.*

**ЖАСАҢ**[1] сын. *Жастау, жасырақ. // Кепкеген, сулы.* **2.** *Жасыл шалғын жер.* **3.** *Жасаңшөп.*

**ЖАСАҢ**[3]: **жасаңға шығарды.** жерг. *Теріске шығарды.*

**ЖАСАҢҒЫРА**[1]**=** ет. сөйл. ***Жасар.***

**ЖАСАҢҒЫРА**[2]**=** ет. **1.** *Сулану, дымқылдану, ылғалдану.* **2.** *Жасара түсу, уылжу.* **3.** ауыс. *Жайнау, құлпыру.*

**ЖАСАҢҒЫРАТ=** *Жасаңсыту, жасаң тарттыру.*

**ЖАСАҢҒЫРАТУ** *Жасаңғырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСАҢҒЫРАУ** *Жасаңғыра етістігінің қимыл атауы; құлпыру.*
**ЖАСАНДАН=** ет. *Сулану, жасқа толу.*
**ЖАСАНДАНУ** *Жасандан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАНДАТ=** ет. *Құлпырту, жайнату.*
**ЖАСАНДАТУ** *Жасандат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАНДАУ** сын. *Жастау, жасырақ. // Жасырақ адамдары, жастары.*
**ЖАСАНДЫҚ** зат. *Жастау, жасырақ болушылық.*
**ЖАСАНДЫР=** ет. *Құлпырту, жайнату.*
**ЖАСАНДЫРУ** *Жасандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАҢҚЫРА=** ет. *Отығу, әлдену.*
**ЖАСАҢҚЫРАУ** *Жасаңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАҢСУ** *Жасаңсы етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАҢСЫ=** ет. *Көңілі жасу, босау.*
**ЖАСАҢСЫТ=** ет. сөйл. ***Жасыт.***
**ЖАСАҢСЫТУ** *Жасаңсыт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАҢШӨП** зат. *Біржылдық та, көпжылдық та түрлері бар қос жарнақты шөптесін өсімдік.*
**Жасаңшөп тұқымдасы**. бот. <лат. crassulaceae> *Қос жарнақты бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ЖАСАР** сын. *Жастағы, жасқа толған.*
**ЖАСАР=** ет. **1.** *Жастау болып көріну, ажарлану, әрлену.* **2.** ауыс. *Көгеру, көктеу.* **3.** ауыс. *Гүлденіп құлпыру, жаңарып өзгеру.*
**ЖАСАРТ[1]=** ет. *Жасаурату, көзі жасқа толу.*
**ЖАСАРТ[2]=** ет. *Жас етіп көрсету, әлдендіру, рух күш беру.*
**ЖАСАРТУ** *Жасарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жас етіп көрсету.* **2.** ауыс. *Гүлдендіру, құлпырту.*
**ЖАСАРУ** *Жасар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жас болып көріну.* **2.** ауыс. *Жаңару, жаңғыру.*
**ЖАСАС=** ет. *Әзірлесу, келісу.*
**ЖАСАСУ** *Жасас етістігінің қимыл атауы; есеп айырысу.*
**ЖАСАТ** зат. **1.** *Дене, тұлға, кеуде.* **2.** ауыс. *Түрі, соғылуы.*
**Жасаты жақсы.** *Тұлғасы, дене бітімі жақсы.*
**ЖАСАТ=** ет. *Әзірлету, дайындату.*
**ЖАСАТҚЫЗ=** ет. **1.** *Дайындату, әзірлету.* **2.** сөйл. *Өмірлі болуын, ұзақ жасауын тілеу.*
**ЖАСАТҚЫЗУ** *Жасатқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАТТЫР=** ет. *Дайындаттыру, әзірлеттіру.*
**ЖАСАТТЫРУ** *Жасаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАТУ** *Жасат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАТУШЫ** зат. *Бір нәрсені әзірлетуші, дайындатушы адам.*
**ЖАСАТЫЛ=** ет. *Дайындатылу, әзірленілу.*
**ЖАСАТЫЛУ** *Жасатыл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУ[1]** зат. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* **2.** этн. *Ұзатылатын қызға ата-анасы дайындайтын дүние-мүлік.* **3.** ауыс. *Байлық.*
**ЖАСАУ[2]** *Жаса етістігінің қимыл атауы; дайындау, істеу.*
**ЖАСАУ[3]** зат. жерг. *Оқ.*
**ЖАСАУДАЙ** сын. *Жасау сияқты, жасау тәрізді, жайнаған, жаңа, құлпырған т.б.*
**ЖАСАУ-ЖАБДЫҚ** зат. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* **2.** этн. *Ұзатылатын қызға ата-анасы дайындайтын дүние-мүлік.*
**Жасау-жабдықпен ұзатты.** этн. *Қызды жиһаз, дүние, мал-мүлікпен күйеуге берді.*
**ЖАСАУ-ЖИҺАЗ** зат. *Үй ішіне керекті дүние, үй мүлкі.*
**ЖАСАУЛА=** ет. **1.** *Үйдің ішіне дүние-мүлік жинап сәндеу.* **2.** этн. *Ұзатылатын қызға керекті дүниені дайындау.*
**ЖАСАУЛАН=** ет. *Әдемілену, сәндену, дайындалу.*
**ЖАСАУЛАНУ** *Жасаулан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУЛАТ=** ет. *Безендіру, сәндендіру.*
**ЖАСАУЛАТУ** *Жасаулат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУЛЫ[1]** сын. **1.** *Жасауы мол, жиһазды, дүние-мүлікті.* **2.** *Сәнді.*
**Жасаулы дастарқан.** *Ас, тағам қойылып даярланған дастарқан.*
**ЖАСАУЛЫ[2]** сын. **1.** *Оқтаулы.* **2.** *Қарулан-ған, қару-жарақты.*
**ЖАСАУРА=** ет. *Көзіне жас алу, көңілі босау.*
**ЖАСАУРАҢҚЫРА=** ет. *Көзіне жас үйірілу, жасаурау.*
**ЖАСАУРАҢҚЫРАУ** *Жасаураңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУРАТ=** ет. *Көзіне жас үйірілту, жасаурау.*
**ЖАСАУРАТУ** *Жасаурат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУРАТҚЫШ** сын. *Жасаурататы*н, *жасқа толтыратын.*
**Жасауратқыш газ.** хим. <лат. lacrima> *Адамдардың, жануарлардың көздерінің шырыш-ты қабатын қоздырып, жас ағызатын газ.*
**ЖАСАУРАУ** *Жасаура етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСАУСЫЗ** сын. *Жасауы жоқ, жиһазсыз, дүние-мүліксіз.*
**ЖАСАУШЫ** зат. *Бір нәрсені дайындаушы, әзірлеуші, түзуші.*
**ЖАСАУЫЛ** зат. тар. **1.** *Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы.* **2.** *1576 жылдан казак-орыс әскерлерінде әскери атақ, шен ретінде қолданылған есауыл сөзінің қазақша дыбысталуы.*
**ЖАСАУШЫДАЙ** сын. *Жасаушы сияқты, жасаушы тәрізді.*
**ЖАСАУШЫЛЫҚ: қарсылық жасаушылық.** *Қарсылық жасап әрекеттену.*
**ЖАСАУЫЛДА=** ет. *Күш көрсету, қарсы тұру.*
**ЖАСАУЫЛДАЙ** сын. *Жасауыл сияқты, жасауыл тәрізді.*
**ЖАСАУЫЛША** үст. *Жасауыл сияқты, жасауылға ұқсап.*
**ЖАС-ЖАСАМЫС** зат. *Арасында жастары да, жасамыстары да бар аралас топ.*
**ЖАС-ЖЕЛЕҢ** зат. *Қыз-бозбала, жігіт-желең.*
**ЖАС-КӘРІ** зат. *Үлкен-кіші бәрі, түгел.*
**ЖАСИӘ** зат. діни. *Құран кәрімнің қырық бесінші сүресі. [Ха-мим деп те аталады. Жасиә сүресі Меккеде түскен. Отыз жеті аяти кәримадан тұрады. «Қорқыныш және үрейден түрегеп тұра алмай тізерлеп жерге шөккен» деген мағынаны білдіретін жиырма сегізінші аятта өткен «жасиә» сөзі сүреге есім болған].*
**ЖАСИЫҚ** [ар.جشيق] зат. діни. ***Құптан.***
**ЖАСҚА** зат. жерг. *Арықтағы суы таяз жер, өткел.*
**ЖАСҚА=** ет. **1.** *Бір нәрсемен қақпайлап жасқандыру, бетін қайтару, тайсалдыру.* **2.** ауыс. *Сөзбен ықтыру, беттетпей тыйып тастау.*
**ЖАСҚАЛ=** ет. *Беті қайтарылу, ықтырылу, жасқандырылу.*
**ЖАСҚАЛУ** *Жасқал етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАН=** ет. **1.** *Беті қайту, тайсалу, сескену.* **2.** *Жүрексіну, имену, қаймығу.* **3.** *Тура қарай алмау, ығу.*
**ЖАСҚАНДЫР=** ет. *Бетін қайтарту, ықтырту, тайсалдыру.*
**ЖАСҚАНДЫРУ** *Жасқандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНТ=** ет. *Имендіру, қаймықтыру.*
**ЖАСҚАНТУ** *Жасқант етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНУ** *Жасқан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНШАҚ** сын. *Қорғаншақ, жүрексінгіш, именшек.*
**ЖАСҚАНШАҚТА=** ет. **1.** *Қорғаншақтау, беттемей тайсақтау.* **2.** *Жүрексіну, қымсыну, имену.*
**ЖАСҚАНШАҚТАН=** ет. *Қорғаншақтану, именшектену.*
**ЖАСҚАНШАҚТАНУ** *Жасқаншақтан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНШАҚТАУ** *Жасқаншақта етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНШАҚТЫҚ** зат. *Қорғаншақтық, именшектік.*
**ЖАСҚАНЫҢҚЫРА=** ет. *Қорғаншақтаныңқырау, именіңкіреу.*
**ЖАСҚАНЫҢҚЫРАУ** *Жасқаныңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСҚАНЫС=** ет. *Тайсалысу, қаймығысу, именісу.*
**ЖАСҚАНЫССЫЗ** сын. *Еркін, батыл, тайсалмай.*
**ЖАСҚАНЫШ** зат. *Именшектік, ұяңдық.*
**ЖАСҚАУ** *Жасқа етістігінің қимыл атауы; жасқандыру, үркіту.*
**ЖАСҚАУСЫЗ** сын. *Жамау-жасқауы жоқ, ашық, бүтін.*
**ЖАСҚАША** үст. *Жасқа дейін.*
**ЖАСҚЫЛТЫМ** сын. *Жастау.*
**ЖАСМИН** [ир. يسمين] зат. *Хош иісті, ақ гүлді бұта.*
**ЖАСМОН** зат. $C_{11}H_{16}O$, *жасмин гүлдерінің майынан алынатын; парфюмерия өнеркәсібінде қолданылатын зат.*
**ЖАСӨСПІРІМ** зат. *10 мен 15 жас аралығындағы жеткіншек.*
**ЖАССЫН=** ет. *Кіші санау, кішісіну.*
**ЖАССЫНУ** *Жассын етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСТА=** ет. *Басына жастық немесе басқа бір зат салып жату, жастану.*
**ЖАСТА: көзін жастады.** *Көзінен жас шықты, жылады.*
**ЖАСТАБАН** зат. *Жеткіншек, жасөспірім.*
**ЖАСТАЙ[1]** сын. *Жас шамасында, жас мөлшерінде.*
**ЖАСТАЙ[2]** үст. **1.** *Жас кезінен, ертеден.* **2.** *Жас шағында, көп жасамай, қартаймай.* **3.** ауыс. *Ерте, мерзімінен бұрын.*
**Жастай солды.** а) *Өмірі ерте қиылды.* ә) *Жасынан дертке шалдықты.*
**ЖАСТАЙҒЫ** сын. *Жас кездегі, жас шақтағы.*
**ЖАСТАЙЫН** сын. фольк. ***Жастай.***
**ЖАСТАЙЫНАН** үст. *Жас, кішкене күнінен, қаршадайынан.*
**ЖАСТАЛ=** ет. *Жабыстырылу, басылу.*
**ЖАСТАН=** ет. **1.** *Төсену, сүйену, таяныш ету.* **2.** ауыс. *Өлтіріп, кегін алу.* **3.** ауыс. *Еріксізден біреуге жар болу.*
**ЖАСТАНДЫР=** ет. *Төсендіру, жастануға мәжбүр ету.*
**ЖАСТАНТ=** ет. *Төсенту.*
**ЖАСТАНУ** *Жастан етістігінің қимыл атауы.*
**ЖАСТАНЫШ** зат. *Жастанатын нәрсе.*
**ЖАСТАС** сын. *Жас жағынан қатарлас, түргылас.*
**ЖАСТАУ** сын. ***Жасырақ.***
**ЖАСТЫ[1]** сын. *Жастары бірдей, құрдас, бір жылғы.*
**ЖАСТЫ[2]** сын. *Көзінде жас бар, жасқа толы жылағыш.*

**ЖАСТЫҒЫНДА** ү с т. ж е р г. *Жасында, жас кезінде.*

**ЖАСТЫҚ**[1] з а т. **1.** *Ішіне құс жүнін толтырып, сыртын тыстап, жатқанда басын қойып жату үшін яки жантайғанда шынтақ астына қою үшін жасалған бұйым.* **2.** *Салт мінгенде ердің үстіне салынатын жұмсақ төсеніш, атқөпшік.* **3.** *Жастықағаш, басқа жастану үшін қолданатын ағаш бұйым.*

**Жастығын ала жығылды.** *Қарсыласын, жауын өлтірді.* **Жастығын ала өлді [жатты].** *Жауын жайратып, есесін жібермеді, өшін алды.* **Жастығынан табылды**. *Біреуге жақтасты, сөзін сөйледі.* **Жастыққа басы тисімен.** *Жата сала, жатқан бойы.* **Жастықтан басын көтерді**. *Аурудан айықты, тәуір болды.*

**ЖАСТЫҚ**[2] з а т. **1.** *Жас кез, жігіттік шақ.* **2.** *Жас кезге тән мінез-қылық.*

**Жастығы тозбастай.** *Қартаймастай, бұл дәурен өтпестей.* **Жастық желі.** *Қажыр-қайрат, жігер.* **Жастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді.** *Тәжірибесіздік пен басқа түскен ауыртпашылық орынсыз, амалсыз іс істеуге мәжбүр етеді.* **Жастықтың ауасы.** ж е р г. *Жастықтың қызуы, албырттық.* **Жастықтың желіне мас.** *Албырт, аңғал.* **Жастық шақ [дәурен, кез].** *Жас, балғын кез, жігіттік кез; адам өмірінің балалық шағынан орта жасқа дейінгі кезеңі.* **Жастық шақ зыр қақты.** *Жастық тез өтіп кетті, өмір тез, лезде өте шықты.*

**ЖАСТЫҚ**[3] з а т. к ә с і б. *Бүркіттің көзінің астындағы бүртік сызықтары.*

**ЖАСТЫҚ**[4] з а т. к ә с і б. *Дөңгелектің бел темірінің үстіндегі ағашы.*

**ЖАСТЫҚАҒАШ**[1] з а т. э т н. *Түнде жастанып жататын, күндіз үстіне жүк жинап қоя-тын, өрнек салған әшекейлі ағаш, бұйым, жүкаяқ.*

**ЖАСТЫҚАҒАШ**[2] з а т. *Шығырдың арқалығын көтеріп тұратын ағаш.*

**ЖАСТЫҚЖАПҚЫШ** з а т. *Сән үшін жастыққа жабылатын бұйым.*

**ЖАСТЫҚҚАП** з а т. *Жастықтың тысы.*

**ЖАСТЫҚ-МАСТЫҚ** з а т. *Ақыл тоқтатпаушылық, сауық-сайран іздеп желігушілік.*

**ЖАСТЫҚСЫЗ**[1] с ы н. *Басына жастық салынбаған, жастығы жоқ.*

**ЖАСТЫҚСЫЗ**[2] с ы н. *Жастық шақсыз.*

**ЖАСТЫҚТА=** е т. **1.** *Жастыққа не басқа бір затқа сүйену, жастану.* **2.** а у ы с. *Біреуге арқа сүйеп, тірек ету.*

**ЖАСТЫҚТАУ** *Жастықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСТЫҚТАЙ**[1] с ы н. *Жастық сияқты, жастық тәрізді.*

**ЖАСТЫҚТАЙ**[2] с ы н. *Жастық шақтай.*

**ЖАСТЫҚТЫҚ** с ы н. *Жастық пішінді, жастыққа арналған.*

**Жастықтық бітім**. г е о л. *Жастық пішінді сфероидтерден тұратын спилиттерге (шарлы лаваларға) тән бітім.*

**ЖАСТЫҚША**[1] з а т. **1.** *Кішкентай жастық, көпшік.* **2.** с п о р т. *Ескекшінің тірейтін аяғының тізесі астына салатын жұмсақ төсеніш.*

**ЖАСТЫҚША**[2] ү с т. *Жастыққа ұқсап, жастық сияқты.*

**ЖАСУ**[1] з а т. **1.** *Инені отқа қыздырғанда, сыртында пайда болатын жұқа қабыршақ.* **2.** *Иненің көзі.*

**ЖАСУ**[2] *Жасы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСУДАЙ** с ы н. *Иненің көзіндей, өте кішкентай.*

**ЖАСУЛАН**: **ине жасуланды.** *Күңгірттенді, көмескіленді.*

**ЖАСУЛА=** е т. *Судың сыздықтап, тамызықтап, иненің көзіндей жерден шығуы.*

**ЖАСУША** з а т. б и о л. <грек. kutos> *Барлық тірі ағзалардың құрылысы мен тіршілігінің негізгі, жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе.*

**ЖАСУШАЛЫ** с ы н. б и о л. *Жасушасы бар, жасушадан құралған.*

**ЖАСҰНЫҚ** з а т. б и о л. *Жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің жасуша қабықшасының құрамындағы жоғары молекулалы жіңішке талшықты полисахарид.*

**ЖАСШЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Жастық***.

**ЖАСЫ=** е т. **1.** *Темір, болат сияқты металдың отқа салып қатты қыздырудан суы қайтып жұмсаруы, тот басып өтпей қалуы.* **2.** а у ы с. *Көздің көру қабілеті нашарлап, нұры қайту.* **3.** а у ы с. *Көңілдің басылуы, жабығуы, қайрат-жігер көрсетпей, күйректік жасау.*

**ЖАСЫ-БАЙТАҚ** с ы н. ж е р г. *Ұлан байтақ, кең-байтақ.*

**ЖАСЫҚ** с ы н. **1.** *Көк бақа, семіз емес, арық (ет).* **2.** *Асыл емес, суарылмаған, өтпейтін. // Асыл емес, суарылмаған зат, металл.* **3.** а у ы с. *Жігерсіз, күйреуік, ынжық. // Жігерсіз, күйреуік, ынжық адам.* **4.** а у ы с. *Уытсыз, тартымсыз.*

**Жасығын жұбатты.** *Босқа әуреленді.* **Жасық адам [кісі].** *Жігерсіз, ынжық адам.* **Жасық адамша**. *Ынжық адамға ұқсас, ынжық адам сияқты.* **Жасық бие.** *Тұқымы жаман, сүті өнімсіз, үнемі бойына ет алмайтын, суыққа төзімсіз бие.* **Жасық бота.** *Ширап, оңалмай жүрген түйе төлі.* **Жасық ет.** *Көкбақа, арық ет.* **Жасық көз.** *Өткір емес, нұрсыз, отсыз көз.* **Жасық пышақтай.** *Асыл емес, өтпейтін пышақ сияқты.* **Жасық су.** *Жаман, нәрсіз су.* **Жасық түйе**. *Арық, әлсіз түйе.*

**ЖАСЫҚТАЙ** с ы н. *Жасық сияқты, жасық тәрізді.*

**ЖАСЫҚТАН=** е т. **1.** *Баяулау, ақырындау, жайлау.* **2.** *Көзі сулану, көздің нұры таю.*

**ЖАСЫҚТАНДЫР=** е т. *Құнсыздандыру, бағасын түсірту, арзандату.*

**ЖАСЫҚТАНДЫРУ** *Жасықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫҚТАНУ** *Жасықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫҚТАУ** с ы н. **1.** *Арықтау, майсыздау.* **2.** *Әлсіздеу, қуаты аздау.* **3.** а у ы с. *Бостау, болбырлау, батылсыздау, жігерсіздеу.*

**ЖАСЫҚТЫҚ** з а т. **1.** *Арықтық, майсыздық.* **2.** а у ы с. *Ынжықтық, жігерсіздік.*

**ЖАСЫЛ**[1] с ы н. **1.** *Жапырақтың, жас шөптің түсіндей, көк.* **2.** *Қурамаған, сарғаймаған, көк, балауса* (*шөп, өсімдік*).

**Жасыл ала.** *Ақ, қара немесе басқа түстермен жасыл араласқан түс түрі.* **Жасыл алабота.** ө с. *Сабағының биіктігі 1 метрге жететін бұтақты, жас бұтақтарының сырты бозғылт түсті өсімдік.* **Жасыл балдырлар**. б о т. <лат. chlorophyta> *Төменгі сатыдағы өсімдіктер бөлімі; бір клеткалы, көп клеткалы, қауымды, шоғырлы балдырлар.* **Жасыл бәсір.** *Балықтың бір түрі.* **Жасыл [жас] бұтақ.** *Ағаштың жаңа өнген, әлі қатаймаған бұтағы.* **Жасыл бүлдірген.** ө с. < лат.fragaria viridis>. *Таулы аудандарда, өзен жағалауында өсетін көпжылдық шөптесін жидекті өсімдік.* **Жасыл дақылдар**. б о т. *Жапырағы, жапырақ сағағы және сабақтары тағамға пайдаланылатын өсімдіктер.* **Жасыл дала**. *Жасыл шөп, өсімдік мол өскен жазғы дала.* **Жасыл ерінкер.** *Су жәндігі.* **Жасыл жәшік.** т а р. *Зеңбіректің халық аузындағы аты.* **Жасыл желек.** *Жапырақ жайып жайқалып, көктеп тұрған өсімдік.* **Жасыл жидек.** ө с. *Биіктігі 25 см дейін жететін шөпсабақтас, көген тамырлы көпжылдық өсімдік.* **Жасыл жібек.** п о э т. *Өсімдік жамылғысы, жасыл желең.* **Жасыл көше.** *Поездің жүре беруіне рұқсат етілген ашық жол.* **Жасыл кілем.** б е й н. *Көк майса, көгалды жер.* **Жасыл қампайма.** *Денесі 12-15 см, Оңтүстік-Шығыс Азияның тұщы және тұздылау суларында тіршілік ететін балық.* **Жасыл қосақ.** қ о л ө н е р. *Кілем өрнегінің бір түрі.* **Жасыл құрт.** *Бақтағы зиянды жәндік.* **Жасыл орман.** *Мәңгі көгеріп тұратын, қарағайлы орман.* **Жасыл сасықшөп.** ө с. <лат. leonurus glaucescens> *Кішірек қызғылт гүлі бар, ерiндігүлділер тұқымдасына жататын екі не көпжылдық шөптесін өсімдіктің түрі.* **Жасыл тыңайтқыштар.** б и о л. *Көбінесе бұршақтар тұқымдасына жататын өсімдіктің жерді жыртып, араластырып сіңірілетін жасыл массасы.* **Жасыл цикад.** *Зиянды жәндіктердің бір түрі.*

**ЖАСЫЛ**[2] з а т. с ө й л. *Жасын, найзағай, жай оты.*

**Жасыл түсті**. *Найзағай түсті.*

**ЖАСЫЛДАЙ** с ы н. **1.** *Жай отындай, найзағайдай.* **2.** а у ы с. *Жастай.*

**ЖАСЫЛДАЙЫН** с ы н. ф о л ь к. ***Жасылдай***.

**ЖАСЫЛДАН=** е т. **1.** *Жарқырап, жарқ ету.* **2.** *Жасыл болып көріну.* **3.** а у ы с. *Түрлі өсімдіктерге толу, көктеу, көгеру.*

**ЖАСЫЛДАНУ** *Жасылдан етістігінің қимыл атауы; жасыл түске ену, көгеру.*

**ЖАСЫЛДЫ** с ы н. *Жасыл түс аралас, жасыл түсті.*

**ЖАСЫЛТАСТЫ** с ы н. г е о л. *Жасыл түсті минералға қатысты.*

**Жасылтасты өзгеріс.** г е о л. *Эффузиялық таужыныстардың геологиялық уақыт барысында әртүрлі газдар мен ерітінділер және тангенциальдық қысым әсерінен өзгеріп хлорит, серицит, эпидот, актинолит сияқты негізінен жасыл түсті минералдармен қанығуы.* **Жасылтасты таужыныс**. г е о л. *Аздап өзгеруі нәтижесінде жасыл түске боялған негізді құрамды магмалық таужыныстардың жалпылама атауы.*

**ЖАСЫЛША** з а т. ө с. *Тамақ, салат, түрлі маринадтарға дәмдеуіш ретінде қосылатын тамырлы өсімдік; ақжелкен, петрушка.*

**ЖАСЫЛЫҢҚЫ** с ы н. *Әдемі, көрікті.*

**ЖАСЫМАЛЫ** с ы н. *Жасыған, түсі оңатын.*

**ЖАСЫМСЫ=** е т. **1.** *Ұялып-қысылу, жасқану.* **2.** а у ы с. *Еңсесі түсу, босаңсу.*

**ЖАСЫМЫҚ** з а т. **1.** ө с. <лат. lens> *Бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы.* **2.** ж е р г. *Жүгерінің бір түрі.*

**Жасымық тәрізді ядро**. б и о л. <лат. nucleus lentiformis> *Ми қыртысы астында орналасқан жолақты дене ядросы.*

**ЖАСЫМЫҚТАЙ** с ы н. *Жасымық сияқты.*

**ЖАСЫМЫҚША** з а т. б о т. *Өсімдіктің жас бұтақтарының газ алмастыратын органы.*

**ЖАСЫН**[1] з а т. *Найзағай, жай.*

**Жасын атты.** *Найзағай ойнады.* **Жасын жасынады.** *Найзағай ойнады.* **Жасын ойнады.** *Найзағай жарқылдады.* **Жасын түсетіндей**. *Жай түсетіндей.* **Жасын түскендей.** *Жай түскендей, төбеден ұрғандай.*

**ЖАСЫН**[2] з а т. ж е р г. *Теріс, бұрыс, өтірік, жалған.*

**Жасынға жіберді.** ж е р г. *Босқа, өз бетімен жіберді.*

**ЖАСЫН**[3] з а т. д і н и. *Құранның бір сүресі, ясин.*

**ЖАСЫН=** е т. *Жасу, басылу, күйректену.*

**ЖАСЫНА=** е т. **1.** *Жасын түсу, найзағай жарқылдау.* **2.** а у ы с. *Жайнау.*

**ЖАСЫНАН** ү с т. *Жас кезінен, жастайынан.*

**ЖАСЫНДА** ү с т. *Жас кезінде, балалық шағында.*

**ЖАСЫНДАЙ** с ы н. *Найзағайдай, жай отындай.*

**ЖАСЫН-ЖАЙ** з а т. *Найзағай, жай.*

**ЖАСЫНТАСТАР** з а т. к е н. *Планетааралық кеңістіктен жерге мезгіл-мезгіл құлап тұратын денелер.*

**ЖАСЫҢҚЫРА=** е т. *Көңілі басылыңқырау, жабығыңқы тарту.*

**ЖАСЫП-ЖАБЫРҚА=** е т. *Көңілі басылу, күйректік жасау.*

**ЖАСЫП-ЖАБЫРҚАУ**. *Жасып-жабырқа етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫР=** е т. **1.** *Көрсетпей тығып қою, көрмейтіндей ету, көзден тасалау.* **2.** *Сыр бүгу, құпиясын жария қылмау.*

**Жасыратын несі бар.** *Бәріне аян, белгілі.* **Жасыратыны жоқ**. *Ашып айтқан жақсы, шынын айту керек.*

**ЖАСЫРАҚ** с ы н. *Жастау, жас жағынан кішілеу.*

**Жасырақ кезінде.** *Жастау шағында.*

**ЖАСЫРҒАНСУ** *Жасырғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРҒАНСЫ=** е т. *Жасырмақ болғансу.*

**ЖАСЫРҒЫШ** с ы н. *Сыр сақтағыш, құпияшыл.*

**ЖАСЫРҒЫШТА=** е т. *Тыққыштау, бұқпантайлау.*

**ЖАСЫРҒЫШТАУ** *Жасырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРТ=** е т. *Көзден тасалату, көрсетпеу, жария қылдыртпау.*

**ЖАСЫРТУ** *Жасырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРТТЫР=** е т. *Көзден тасалаттыру, жария қылдыртпау.*

**ЖАСЫРТТЫРУ** *Жасырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРУ** *Жасыр етістігінің қимыл атауы; айтпау, сыр бүгу.*

**ЖАСЫРЫЛ=** е т. *Көзден тасалаттырылу, тығылу, жарияланбау.*

**ЖАСЫРЫЛУ** *Жасырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРЫН** с ы н. **1.** *Жария, ашық емес, құпия; әйгілемей, ешкімге білдірмей, сездірмей.* **2.** *Қалтарысы бар, көзден таса.*

**Жасырын ат.** *Шын аты емес, бүркеншік есім.* **Жасырын әдебиет [кітап].** *Үкімет тарапынан тыйым салынған, ашық пайдаланылмайтын шығарма.* **Жасырын девальвация.** э к о н. *Ресми жария етілмеген девальвация.* **Жасырын емес.** *Құпия емес, белгілі.* **Жасырын жебе ату.** ж е р г. *Жасырын қастық ойлау, астыртын өш алу.* **Жасырын кристалдық құрылым**. г е о л. *Микроскоппен қарағанның өзінде ажыратуға келмейтін өте майда түйіршікті кристалдық құрылым.* **Жасырын күй**. м е д. *Аурудың сыртқа көрінбейтін қалпы.* **Жасырын мәтін**. и н ф. <ағыл. hidden text> *Арнайы бұйрық берілмеген жағдайда, яғни алдын ала (үнсіз) келісім бойынша баспаға және экранға шықпайтындай етіп дайындалған құжат мәтінінің бөлігі.* **Жасырын оолиттік құрылым**. г е о л. *Микроскоппен ғана ажыратуға болатын майда оолиттік құрылым.* **Жасырын сыр.** *Құпия сыр.* **Жасырын файл.** и н ф. <ағыл. hidden file> *Каталогтағы файлдардың жалпы тізімде көрсетілген файлы.* **Жасырын ұйым.** *Астыртын жұмыс жүргізетін ұйым.*

**ЖАСЫРЫН=** е т. *Көрінбей тығылу, бұғынып бой тасалау, ұрлану.*

**ЖАСЫРЫНБАҚ** з а т. о й ы н. *Бір топ баланың ішінен біреуі көз жұмып, қалғандары тығылып, соларды іздеп тауып ойнайтын балалар ойыны; тығылмақ, бұғыныспақ.*

**Жасырынбақ ойнады.** *Бір істің шынын айтпай алдады.*

**ЖАСЫРЫНДЫ** с ы н. *Ешкім білмейтін, құпия.*

**ЖАСЫРЫНДЫР=** е т. *Көрсеттірмеу, әйгілендірмеу.*

**ЖАСЫРЫНУ** *Жасырын етістігінің қимыл атауы; тығылу, бой тасалау.*

**ЖАСЫРЫҢҚЫ** с ы н. *Жасырылған.*

**ЖАСЫРЫП-ЖАБАРЫ** з а т. *Белгілі бір сыры.*

**ЖАСЫРЫП-ЖАБУ** *Жасырып-жап етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРЫП-ЖАП=** е т. *Шындығын ашық айтпай, бүркемелеу.*

**Жасырып-жабатыны [жасырып-жабары] жоқ.** *Расын, шындығын айтқанда.*

**ЖАСЫРЫП-ЖАПЫР=** е т. *Жасырып, қысып ұстау.*

**ЖАСЫРЫП-ЖАПЫРУ** *Жасырып-жапыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫРЫС=** е т. *Көрсетпей тығысу, жария қылыспау.*

**ЖАСЫРЫСУ** *Жасырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАСЫТ=** е т. **1.** *Инені, түйреуішті т.б. металды отқа қыздырып жұмсарту.* **2.** а у ы с. *Жабықтыру, бетін қайтару, сағын сындыру.*

**ЖАСЫТ** с ы н. ж е р г. *Жасты, құрдас.*

**ЖАСЫТУ** *Жасыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қорқыту, бетін қайтару.* **2.** к е н. *Материалдарды термиялық әдіспен өңдеудің түрі; материалдарды қыздыру, ал содан кейін жылдам салқындату процесі.*

**ЖАСЫТЫҢҚЫРА=** е т. *Жабыңқы, басылыңқы ету.*

**ЖАСЫТЫҢҚЫРАУ** *Жасытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТ** с ы н. **1.** *Жақындық, туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде (адам).* **2.** *Бұрын көрмеген, естіп-білмеген, таныс емес.* **3.** *Жау, дұшпан, қас.* **4.** а у ы с. *Лайықсыз, сөлекет, өрескел.*

**Жат бойынан [жанынан] түңілді.** *Бөтен дұшпан (адам) арадан жарықшақ таппады.* **Жат болды**. *Бөтен болды.* **Жат есік.** *Бөтен үй, бөгде жұрт.* **Жат жақ.** *Басқа, бөтен жақ (ел).* **Жат жер [өлке].** *Туған жер емес, басқа жақ.* **Жат жерлік.** *Бөтен елдік.* **Жат жұрт [ел].** *Өз елі емес, бөтен ел.* **Жат жұрттық [жат жұрттыққа жаралған].** *Қыз баланың басқа жаққа ұзатылып кетуі туралы.* **Жат жұрттық болды.** *Ұзатылды, өзге жұртқа келін болды.* **Жат жүрісті.** *Өрескел, арам ойлы.* **Жат көз**. *Дұшпан көзі.* **Жат көңілді.** *Бөтен ойлы, арам пиғылды.* **Жат көрді.** а) *Бөтенсінді, жатырқады.* ә) *Бұрыс санады, дұрыс көрмеді.* **Жатқа жорыды.** *Жамандыққа ұйғарды.* **Жатқа санады.** *Бөтенсіретті.* **Жат қолында.** *Бөтен, дұшпан иелігінде.* **Жат қылық.** *Жағымсыз, жайсыз қылық.* **Жат қылық көрсетті.** *Оғаш мінез жасады.* **Жат мінез.** *Тосын іс-әрекет, мінез.* **Жат пен жақын**. *Дұшпан мен туыс, бәрі.* **Жат сезім.** *Бөтен ой, жаман ой.* **Жат сөз.** *Жаман, жайсыз сөз.* **Жатты жақын, жарды кешу қып өтті.** ж е р г. *Сыйласумен өтті.* **Жатты өз қылды.** *Ішке тартты, бөтенсінбеді.* **Жат тіл.** *Өз тілі емес, шет тіл.* **Жат шөп.** с ө й л. *Арамшөп.*

**ЖАТ=** е т. **1.** *Адамның, жан-жануардың жерге не бір заттың үстіне шалқасынан, етпетінен, қырынан қисайып, сұлап, денеңің көлденең қалыпта болуы.* **2.** *Түнгі не күндізгі ұйқыға кірісу.* **3.** *Белгілі бір жерде бір нәрсенің бар болуы.* **4.** *Бір нәрсеге қатысты, тиісті болу.* **5.** *Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қимылдың нақ осы шақта өтіп жатқаны туралы қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.*

**Жатар бөлме**. *Жататын, ұйықтайтын бөлме.* **Жатар орынға.** *Дәл жатарда, жатар кезде.* **Жатқанға жан жуымас [жоламас].** *Әрекетсіз, тірліксіз адам туралы.* **Жатқан ел, жайылған мал.** ж е р г. *Бейбіт ел.* **Жатқан жерің торқа болсын [жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын].** *Қайтыс болған адамға айтылатын тілек сөз.* **Жатқан жыланның құйрығын баспа**. *Кеселді пәлеге жолама, аулақ жүр.* **Жатқан жыланның [тірі жыланның] құйрығын басты**. *Біреудің қытығына тиіп, шатаққа, кеселді пәлеге тап болды.* **Жатқан құлын жасырынады [жасырынғандай].** *Шөбі қалың, биік, шүйгін.* **Жатқанынан тұрмасын!** қ а р ғ. *Қайтып адам санатына қосылмасын.* **Жатпа қарап.** *Бос, текке жүрме.* **Жатты да ашуланды.** *Өз-өзінен бұлқанталқан болды.* **Жатып [жатты та] жабысты.** *Өлердегісін айтып, жалынып-жалпайды.* **Жатып жастық, иіліп төсек болды.** *Асты-үстіне түсіп, бәйек болды, сыйлап күтті.* **Жатып кеп [жатып тұрып, жатты да, жат та кеп].** *Тіпті қоймай, ырыққа көнбей.* **Жатып кеп [жатты да] ашуланды.** *Қатты ашуланды, өз-өзінен күйіп-пісті.* **Жатып қалды.** ж е р г. *Тоқтап қалды.*

**ЖАТ**[3] з а т. с ө й л. *Жад, ес, қапер.*

**Жат қылды.** *Есіне сақтады, аузынан тастамады.* **Жатқа салды.** *Жаттады, жатқа білді.* **Жат жазу.** к ө н е. *Диктант.*

**ЖАТ**[4] с ы н. с ө й л. *Ауызша.*

**ЖАТАҒАН**[1] с ы н. *Биік емес, аласа, тапал.*

**Жатаған беткей**. г е о л. *Жабыны мен табаны бір-біріне шамамен параллель орналасқан жалпақ геологиялық денелердің (қойнауқаттардың, линзалардың, желілердің, сығылмалардың және т. б.) төменгі жазықтығы.* **Жатаған қатпар.** г е о л. *Осьтік жазықтығы көлбеу бағытқа созылған, қанаттарының еңістену бұрыштары жайпақ, екі қанатының бірі төңкерілген күйде ұшырасатын қатпар.*

**ЖАТАҒАН**[2] с ы н. *Жатқыш, жата беретін жалқау.*

**Жатаған түйе**. *Үстіне жүк артқанды, адам мінгенді жақтырмай, жатып алатын қырсық түйе.*

**ЖАТАҒАН**[3] з а т. ө с. <лат. halerpestes> *Жер бауырлап тырбиып өсетін сарғалдақтар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**Жатаған ақсора.** ө с. <лат. suacda prostra Pall>. *Алаботалар тұқымдасы, ақсора туысына жататын өсімдік түрі.* **Жатаған бұта.** *Өркендері жерге жайылып өсетін бойы аласа бұта өсімдік түрі.* **Жатаған ешкімия.** ө с. *Көпжылдық, көген тамырлы, яғни жерасты сабақты өсімдік.* **Жатаған өсімдіктер.** *Сабақтары жерге төселе өсетін не желі сабақты өсімдіктер.* **Жатаған самырсын жаңғағы**. б о т. *Қылқан жапырақтылар тұқымдасына жататын бұта сияқты ағаш сабақты өсімдік жемісі.* **Жатаған сарғалдақ.** ө с. *Көбінесе дымқыл шалғындар мен бұлақ, арықтың жағаларында, батпақ пен ойыс жерлерде, биік тау белдеулеріндегі батпақтарда өсетін сарғалдақтың бір түрі.* **Жатаған шырша**. ө с. <лат. picea schrenkiana> *Қарағай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, өте сирек кездесетін ағаш.*

**ЖАТАҒАН**[4] з а т. <түр. yata an> *Таяу және Орта Шығыс халықтары арасында 16 ғ-дан бастап қолданылған қару, қылыштың бір түрі.*

**ЖАТАҒАНДАР** з а т. б о т. *Ауа райының қолайсыз жағдайында өсіп-өнген аласа ағаштар мен бұталы өсімдіктер.*

**ЖАТАҒАНДАУ** с ы н. *Тапалдау, аласарақ.*

**ЖАТАДАЙ: жатадай жабысты [жата жабысты].** *Өлердегісін айтып, жалынды.*

**ЖАТА-ЖАРМАСА** ү с т. *Жабысып, қоярдақоймай.*

**ЖАТА-ЖАСТАНА** ү с т. *Жайлана келе, біртіндеп, асықпай.*

**ЖАТА-ЖАТА** ү с т. *Жата беріп.*

**ЖАТА-ЖАТА**: **жата-жата қалды, жата-жата кетті.** *Жату қимылының қайталануы, бірнеше адамның жата кетуі.*

**ЖАТА-ЖЫҒЫЛА** ү с т. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.*

**ЖАТАҚ**[1] з а т. **1.** *Мекен, тұрақ.* **2.** *Ұйықтайтын бөлме, жатын бөлме.* **3.** с ө й л. ***Жатақхана.***

**Жатақ бөлме.** *Ұйықтайтын бөлме.* **Жатақ үй.** а) *Жатақхана.* ә) *Кедей-кепшік, жарлыжақыбайлар үйі.*

**ЖАТАҚ**[2] з а т. *Егіншілікпен айналысқан, отырықшы тұрмысқа көшкен байырғы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жік.*

**Жатақ болды.** *Отырықшы тұрмысқа көшіп, егіншілікпен шұғылданды.*

**ЖАТАҚ[3]** зат. жерг. *Жатқанда киетін тақия сияқты бас киім.*

**ЖАТАҚ[4]** зат. жерг. *Судың асты, табаны.*

**ЖАТАҚ[5]** зат. жерг. *Қайықтағы адам жататын жер.*

**Жатақ қайық.** *Адам жататын орны бар, үлкендеу қайық.*

**ЖАТАҚ[6]** зат. *Орнынан тұрмай, бауырын көтере алмай жата беретін ауру.*

**Жатақ келгір** қарғ. *Жата беретін ауруға ұшырағыр.*

**ЖАТАҚАНДАЙ** сын. *Біртегіс, бірдей.*

**ЖАТАҚСЫЗ** сын. *Жататын орны жоқ.*

**ЖАТАҚТАС** сын. *Жатақханада бірге тұратын.*

**ЖАТАҚХАНА** зат. *Бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орнында оқитын адамдар бірге тұратын тұрақжай.*

**ЖАТАҚХАНАЛАС** сын. *Жатақханада бірге тұратын.*

**ЖАТАҚХАНАЛЫ** сын. *Жатақханасы бар.*

**ЖАТАҚША** үст. *Жатақ адамдарша, жатаққа ұқсап.*

**ЖАТАҚШЫ** зат. *Жатақ, кедей шаруа.*

**ЖАТАҚШЫ=** ет. *Жата бергіштеу, жаталақтау.*

**ЖАТАҚШЫЛЫҚ** зат. *Жатақ болушылық.*

**ЖАТАЛАҚ** зат. жерг. *Жем-судың нашарлығынан болатын жылқы ауруы.*

**ЖАТАЛАҚТА=** ет. *Жатақшу, жата бергіштеу.*

**ЖАТАЛАҚТАУ** *Жаталақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТАЛАҚШУ** *Жаталақшы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТАЛАҚШЫ=** ет. *Бір жатып, бір тұрып мазасыздану, тыпыршу, әлсін-әлсін жата беру.*

**ЖАТАҢ** сын. *Бөтендеу, өзгешерек.*

**ЖАТАР-ЖАТПАСТА** үст. *Елдің бірі жатып, бірі жатпай жатып.*

**ЖАТАР-ТҰРАР** сын. *Жатып тұратын.*

**ЖАТБАУЫР** сын. *Ағайын-туғанды іш тартып, жақын көріп тұрмайтын, бауырмал емес.*

**Жатбауыр қылды [етті].** *Өгейсітті, қатыгез етті, туғаннан бөтенсітті.*

**ЖАТБАУЫРЛАУ** сын. *Бауырмал емес, алыстау.*

**ЖАТБАУЫРЛЫҚ** зат. *Жатсынушылық, жақын тартпаушылық.*

**ЖАТ-ЖАДАҒАЙ** сын. *Жеке-дара, бөлек-бөлек.*

**ЖАТ-ЖАҚЫН** зат. *Алыс-жақын.*

**ЖАТ-ЖАЛА** зат. **1.** *Бөтен, бөгде ел, дұшпан көз (адам).* **2.** *Бәле-бәтер, бәле-жала.*

**ЖАТ-ЖАРА** зат. сөйл. ***Жат-жаран.***

**ЖАТ-ЖАРАН** зат. *Жат, бөтен, бөгде адам.*

**ЖАТЖЕРЛІК** сын. *Келімсек, сырттан келген. // Сырттан келген адам.*

**Жатжерлік ағым.** *Басқа елден келген бағыт.*

**ЖАТ-ЖОРА** зат. сөйл. ***Жат-жаран.***

**ЖАТ-ЖҰРАҒАТ** зат. *Сүйек шатыс, жақын-жуық.*

**ЖАТЖҰРТТЫҚТАР** зат. *Өзге елден келгендер, жатжерліктер.*

**ЖАТКА** зат. тех. *Егін оратын мәшине.*

**ЖАТКАШЫ** зат. *Жатка жүргізуші.*

**ЖАТҚА** үст. *Жаттап алып, қағазға қарамай, өз ойымен, жадымен.*

**Жатқа айтты [соқты].** *Жазуға қарамай, оқымай, есте сақтағанын мүдірмей айтты.* **Жатқа алды.** *Еске сақтады.* **Жатқа біледі.** *Жадында сақтап, мүдірмей, жаңылмай айтады.*

**ЖАТҚАН-ТҰРҒАНЫ** үст. *Не істеп, не қойғаны.*

**ЖАТҚЫЗ=** ет. **1.** *Тік тұрғызбау, жапсыра қайыру, жатыңқы ету.* **2.** *Көлденең қалыпқа келтіру, қисайту, салу.* **3.** *Ұйықтату, демалдыру, ұйқыға жайғастыру.*

**ЖАТҚЫЗДЫР=** ет. *Тік тұрғыздырмау.*

**ЖАТҚЫЗДЫРУ** *Жатқыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТҚЫЗУ** *Жатқыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Денені көлденең қалыпқа келтіру.* **2.** ауыс. *Тиісті болу, қосу.*

**ЖАТҚЫЗЫЛ=** ет. **1.** *Тік тұрғызылмау жерге не бір заттың үстіне көлденең қалыпта жайғастырылу.* **2.** *Тиісті деп табылу, қосылу.*

**ЖАТҚЫЗЫЛУ** *Жатқызыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТҚЫЗЫП-ӨРГІЗ=** ет. *Емін-еркін игеру, билеп-төстеу, бәрін уысынан шығармау.*

**ЖАТҚЫЗЫЛУ** *Жатқызыл етістігінің қимыл атауы; тиісті деп табылу, қосылу.*

**ЖАТПАЙ-ТҰРМАЙ** үст. *Тыным-тыныштық көрмей, дамыл көрмей.*

**ЖАТПЕЙІЛ** сын. *Пиғылы арам.*

**ЖАТПИҒЫЛДЫ** сын. *Пиғылы таза емес, ниеті қарсы.*

**ЖАТСА-ТҰРСА** үст. *Әрдайым, үнемі, қашан болса да.*

**ЖАТСЫН=** ет. *Бөтенсіну, жатырқау, тосырқау.*

**ЖАТСЫНҒАНДЫҚ** зат. *Жатсынушылық, тосырқаушылық.*

**ЖАТСЫНДЫР=** ет. *Тосырқаттыру, бөтенсіту, өгейсіндіру.*

**ЖАТСЫНДЫРУ** *Жатсындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТСЫНТ=** ет. *Өгейсіту, тосырқату.*

**ЖАТСЫНТУ** *Жатсынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТСЫНУ** *Жатсын етістігінің қимыл атауы; бөтенсу, тосырқау.*

**ЖАТСЫРА=** ет. *Жатырқау, бөтенсіреу, тосырқау, суық бауыр болу.*

**ЖАТСЫРАУ** *Жатсыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жатырқау, бөтенсіреу, тосырқау.* **2.** ауыс. *Жымдаспау, сәйкес келмеу, үндеспеу.*

**ЖАТТА[1]=** ет. **1.** *Жазылған не айтылған нәрсені сөзбе-сөз, дәлме-дәл еске сақтау, жазуға қарамай айту.* **2.** ауыс. *Құмар, әуес болу.*

**Жаттап алды**. *Есіне сақтады.*

**ЖАТТА[2]=** ет. *Жат санау, шетке қағу.*

**ЖАТТАҒЫШ** сын. *Жаттап алғыш.*

**ЖАТТАҒЫШТЫҚ** зат. *Жаттап алғыштық, есте сақтағыштық қабілет.*

**ЖАТТАЙ** сын. *Бөтен адамдай.*

**Жаттай болды.** *Бөгделеп, бөтенсіді.*

**ЖАТТАЛ=** ет. *Есте сақталу.*

**ЖАТТАЛМАЛЫ** сын. *Жатталатын, жаттауға тұратын.*

**ЖАТТАЛУ** *Жаттал етістігінің қимыл атауы; есте сақталу.*

**ЖАТТАЛЫН=** ет. *Еске сақталыну.*

**ЖАТТАЛЫНУ** *Жатталын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАМА** сын. *Өз жанынан шығарған емес, біреуден жаттап алған.*

**ЖАТТАМАЛЫ** сын. *Жатталынған, есте сақталған.*

**ЖАТТАМПАЗ** сын. *Жаттағыш.*

**ЖАТТАМПАЗДЫҚ** зат. *Жаттағыштық.*

**ЖАТТАНДЫ** сын. *Жаттап алынған, жатқа білетін.*

**Жаттанды өлең.** *Жаттап алған өлең.* **Жаттанды сөз.** *Жатталған немесе көп айтылып мезі болған сөз.*

**ЖАТТАНДЫЛЫҚ** зат. *Сөздің ішкі мән-мағынасына үңілмей, құр жаттап алуға әуестенушілік.*

**ЖАТТАНУ** зат. филос. *Кейбір демократиялық емес қоғамдардағы адамдардың өздері жасаған, өз іс-әрекеті туындыларының өздеріне үстемдік етуін, өздеріне қарсы тұратын жат күшке айналуын білдіретін философиялық категория.*

**ЖАТТАС=** ет. *Жаттап алысу.*

**ЖАТТАСУ** *Жаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАТ=** ет. *Жатқа білдірту, есінде, жадында сақтаттыру.*

**ЖАТТАТҚЫЗ=** ет. *Өзгенің жатқа білуін қамтамасыз ету, жатқа айтқызу.*

**ЖАТТАТҚЫЗУ** *Жаттатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАТТЫР=** ет. *Есте сақтаттыру, жатқа айттыру.*

**ЖАТТАТТЫРУ** *Жаттаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАТУ** *Жаттат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАУ[1]** зат. пед. *Жаттап алуға берілген өлең не мәтін.*

**ЖАТТАУ[2]** сын. **1.** *Бөтендеу; суықтау.* **2.** *Тән емес.*

**ЖАТТАУ[3]** *Жатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТАУЛЫ** сын. *Жадында сақтаулы.*

**ЖАТТАУШЫ** зат. *Жаттап алатын (адам).*

**ЖАТТАУШЫЛЫҚ** зат. *Жаттап алуды машық етушілік.*

**ЖАТТЫҒУ[1]** зат. **1.** *Белгілі бір өнерді игеру үшін керекті дағдылану процесі.* **2.** спорт. *Жүйелі түрде дене шынықтырудың жиынтық комплексі.* **3.** пед. *Оқушының жаңа материалды жақсы түсінуі үшін жүргізілетін оқыту процесіндегі әдіс.*

**Жаттығу алқабы**. әск. *Әртүрлі қару-жарақтарды, әскери техника мен құралдарды сынауға, жауынгерлерді жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге арнап салынған құрылыстары мен жабдықтары бар құрлықтың немесе теңіздің бір аймағы.* **Жаттығу әдісі**. пед. *Оқушының білімін пысықтап, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту әдісі.* **Жаттығу кезеңі**. әск. *Кезекті әскери оқу тапсырмалары өтілетін жаттығу бөлімі (кезеңі).* **Жаттығу кемесі.** әск. *Теңіз училищесі курсанттары мен қатардағы құрам мамандарын дайындайтын мектеп оқушыларын іс-тәжірибеден өткізуге арналған әскери кеме.* **Жаттығу қаруы**. әск. *Оқу сабақтарында жаттығу үшін қолданылатын қару түрлері.* **Жаттығу мәнісі**. әск. *Жаттығуды ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі мазмұны.*

**ЖАТТЫҒУ[2]** *Жаттық етістігінің қимыл атауы; меңгеру мақсатында қимылды қайталап орындау.*

**ЖАТТЫҒЫС** зат. *Жаттығу, жаттығып үйрену, машықтану әрекеті.*

**ЖАТТЫҚ[1]** зат. *Бөтендік, өзгелік.*

**ЖАТТЫҚ[2]** сын. жерг. *Тегіс, жатық.*

**ЖАТТЫҚ[3]=** ет. *Бір нәрсені әбден үйрену, жетік болу; дағдылану, машықтану, әдеттену.*

**ЖАТТЫҚҚАНДЫҚ** зат. *Дағдыланғандық, төселушілік.*

**ЖАТТЫҚТАУ** сын. жерг. *Жатықтау.*

**ЖАТТЫҚТЫР** ет. *Дағдыландыру, машықтандыру.*

**ЖАТТЫҚТЫРҒЫШ** зат. тех. <ағыл. train> *Мәшинелер мен механизмдерді басқару техникасын жетілдіруге және оларды басқаруды үйренуге арналған оқыту-жаттықтыру құрылғысы.*

**ЖАТТЫҚТЫРУ** *Жаттықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТТЫҚТЫРУШЫ** зат. <ағыл. trainer> *Спорт өнерінің әр саласынан маман ойыншы даярлайтын ұстаз; баулушы.*

**ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Жаттықтыру ісімен айналысушылық.*

**ЖАТТЫҚТЫРЫЛ=** ет. *Дағдыландырылу, машықтандырылу, төселдірілу.*

**ЖАТТЫҚТЫРЫЛУ** *Жаттықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТУ**[1] з а т . ж е р г . *Жағдай, түрмыс.*

**ЖАТУ**[2] *Жат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТУ**[3]**=** е т . ж е р г . *Қалу, ыдырау, жойылу.*

**ЖАТУСЫЗ**: **жатпасаң жатусыз қал!** қ а р ғ ы с. *Жатуға зар болып қал!*

**ЖАТША**[1] ү с т . *Бөтен адамша.*

**ЖАТША**[2] ү с т . ж е р г . ***Жатқа.***

**ЖАТШЫЛ** с ы н . ж е р г . *Жады күшті, ұмытпайтын адам.*

**ЖАТШЫЛДЫҚ** з а т . *Жат сөзшілдік, бөтен тілден сөз қабылдаушылық.*

**ЖАТЫҚ**[1] с ы н . **1.** *Тегіс, жатыңқы.* **2.** с ө й л. *Жазық.* **3.** а у ы с . *Көңілге қонымды.* **4.** а у ы с . *Жарасымды; сыпайы.*

**Жатық жер**. ж е р г . *Өзеннің жайпақ жері немесе мал су ішетін жер, суат.* **Жатық қылды.** *Сыпайы, көңілге қонымды, жарасымды етті.* **Жатық маңдай**. с ө й л . *Жазық маңдай.* **Жатық тіл [тілі жатық].** *Оқуға жеңіл, түсінікті.*

**ЖАТЫҚ**[2]**=** е т . *Үйлесім табу, жарасу.*

**ЖАТЫҚТАУ** с ы н . *Тегістеу, жазықтау.*

**ЖАТЫҚТЫҚ** з а т . **1.** *Жатық болушылық, тегістік, жатыңқылық.* **2.** а у ы с . *Көкейге қонымдылық, ұнасымдылық.*

**ЖАТЫҚТЫР=** е т . *Машықтандыру, дағдыландыру.*

**ЖАТЫҚТЫРУ** *Жатықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫҚШЫЛЫҚ** з а т . с ө й л . ***Жатықтық.***

**ЖАТЫЛ**= е т . ж е р г . *Жаттығу.*

**ЖАТЫМДЫ** с ы н . *Жағымды, ұнамды.*

**ЖАТЫМДЫЛЫҚ** з а т . *Жағымдылық, ұнамдылық.*

**ЖАТЫМСЫЗ** с ы н . ж е р г . *Орынсыз, ұнамсыз.*

**ЖАТЫМСЫЗДЫҚ** з а т . *Жағымсыздық, ұнамсыздық.*

**ЖАТЫН**[1] з а т . **1.** а н а т . *Гүл аналығының түп жағындағы ең негізгі кеңейген бөлімі.* **2.** с ө й л. ***Жатыр***[1]***.***

**Жатынынан көр.** *Жамандығың жатынынан (тумысынан), жамандығың үшін жатыныңа шағын деген мағынада.*

**ЖАТЫН**[2] с ы н . *Жатып-тұратын, ұйықтайтын (бөлме, үй).*

**Жатын [жатақ, жатар] бөлме.** *Ұйықтайтын бөлме.* **Жатын орын**. *Жататын, түнейтін жер.* **Жатын үй.** ж е р г . *Үймереттегі жататын бөлме.*

**ЖАТЫНКҮНДЕС** с ы н . *Туыстар арасындағы көреалмаушылық қасиет.*

**ЖАТЫҢҚЫ** с ы н . *Жатықтау, тегіс.*

**ЖАТЫҢҚЫРА=** е т . **1.** *Ұзақ жату (қардың біраз уақыт ерімей жатып алуы).* **2.** *Тұрмай біразға дейін төсекте жату.*

**ЖАТЫҢҚЫРАУ** *Жатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫПАТАР** с ы н . *Жымысқы мінезді, үндемей отырып сөзбен шымшып алатын (адам туралы).*

**ЖАТЫПАТАРЛЫҚ** з а т . *Жымысқы мінезділік, біреуді-біреуге айдап салушылық.*

**Жатыпатарлық қылу**. *Біреуді-біреуге атыстырумен шұғылдану.*

**ЖАТЫПІШЕР** с ы н . *Еңбек істемейтін жалқау, масыл, арамтамақ.*

**ЖАТЫР**[1] з а т . а н а т . <лат. uterus> *Әйелдің, аналық жан-жануарлардың бала, төл пайда болатын ішкі органы; іштегі ұрық дамитын қуысты түтікше мүше.*

**Жатырдан тыс жүктілік**. м е д . *Ұрықтың жатырдан тыс дамуы.* **Жатыр инволюциясы.** м е д. *Босанғаннан кейінгі жатырдың жиырылып, кішірею үдерісі.* **Жатырынан қағынған**. *Туа қағынып өскен, ежелден бұзылған.* **Жатырына тартты.** *Шешесіне, нағашы тегіне ұқсады.*

**ЖАТЫР**[2]**=** е т . **1.** *Белгілі бір кеңістікке орналасу, жайласу.* **2.** *Негізгі етістіктегі істің мезгілге байланысты жайын білдіріп, күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз.*

**ЖАТЫРҚА=** е т . *Тосырқау, бөтенсу, жатсыну.*

**Жатырқап еш адамды сыртқа теппеді.** *Ешкімді жатсынбай, жақын тартты.*

**ЖАТЫРҚАБЫҚ** з а т . а н а т . <грек. perimetrium> *Жатырды сыртынан қаптап жатқан сірлі қабық.*

**ЖАТЫРҚАҒЫШ** с ы н . *Бөтенсінгіш, тосырқағыш, жатсынғыш.*

**ЖАТЫРҚАН=** е т . *Тосырқау, жатсыну, бөтенсіну.*

**ЖАТЫРҚАНУ** *Жатырқан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫРҚАС=** е т . *Бір-біріне үйренісе алмау.*

**ЖАТЫРҚАСУ** *Жатырқас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫРҚАТ=** е т . *Тосырқату, жатсындыру, бөтенсіту.*

**ЖАТЫРҚАТУ** *Жатырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫРҚАУ** *Жатырқа етістігінің қимыл атауы; бөтенсу, тосырқау.*

**ЖАТЫРҚАУСЫЗ** ү с т . *Бөтенсінбей, жатсынбай; тосырқамай.*

**ЖАТЫРҚАУШЫ** з а т . *Бөтенсінуші, жатсынушы, тосырқаушы адам.*

**ЖАТЫРҚАУШЫЛЫҚ** з а т . *Жатсынушылық, бөтенсушілік, тосырқаушылық.*

**ЖАТЫРЛАС** с ы н . з а т . *Бір анадан туған, емшектес.*

**ЖАТЫРЛАСТЫҚ** з а т . *Бір анадан тұғандық, емшектестік.*

**ЖАТЫС**[1] з а т . *Жатқан қалып, күй.*

**ЖАТЫС**[2] з а т . ж е р г . *Демалыс.* **Жатыс күн.** ж е р г . *Демалыс күн.*

**ЖАТЫС**[3] з а т . г р а м м. ***Жатыс септік.***

**Жатыс жалғау**. г р а м м. *Көлемдік, мекендік, мезгілдік мағына беретін жатыс септігінің жалғауы (-да, -де, -та, -те, -на, -не).* **Жатыс септік.** г р а м м. *Көлемдік, мекендік және мезгілдік мағынаны білдіретін септік.*

**ЖАТЫС =** е т . **1.** *Дем алысу, жата кетісу.* **2.** *Қиюласу, түйісу, беттесу.*

**ЖАТЫСТЫР=** е т . *Ыңғайын келтіру, ретін табу.*

**ЖАТЫСТЫРУ** *Жатыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАТЫСУ** *Жатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУ**[1] з а т . **1.** *Біреудің елін-жерін жаулап алмақ болып шабуыл жасаушы, шапқыншы.* **2.** *Өштескен, қастасқан адам, дұшпан.* **3.** а у ы с. *Зиянын тигізетін, кесірін келтіретін нәрсе.* **4.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсеге тойымсыз, ашкөз, обыр.*

**Жау айдағыр.** қ а р ғ . *Дұшпанның алдында кеткір.* **Жау алғыр.** қ а р ғ . *Дұшпан қолында кеткір.* **Жау алды.** *Жау шауып, күшпен басып алды.* **Жау алмайды.** *Ештеңе болмайды, ешкім де тимейді.* **Жау басар жүйрік.** *Ұрысқа, қиянға шығар таңдаулы саңлақ; сайысқа сай тұлпар.* **Жау болды.** *Жауықты, өштесті, қастасты.* **Жауға алдырды [жау алдырмады].** *Жаудан жеңіліс тапты, қолындағысынан айырылды.* **Жауға аттанды.** *Дұшпанға қарсы шықты, елін қорғау үшін атқа қонды.* **Жауға қимады.** *Жаманшылық тілемеді.* **Жауға түсті.** *Тұтқын болды.* **Жауға шабылды**. *Жаудың талан-таражына ұшырады.* **Жауға шапты.** *Дұшпанға қарсы шықты, бетпе-бет тұрды.* **Жау дабылы.** п о э т. *Жаудың келіп қалған белгісі.* **Жаудан жағасы босамады.** *Жаудан арылмады, дұшпаны көп болды.* **Жаудан кек алды.** *Жауға кеткен есесін қайтарды, жауды жеңді.* **Жаудан қайтпады [жасқанбады].** *Жеңілмеді, беті қайтпады.* **Жауды алды [жеңді].** *Дұшпанын жеңді.* **Жауды кескіледі.** *Жауын жеңді, өлтірді, аямады.* **Жауды қуды.** *Жаудың соңына түсіп қашырды.* **Жаудың беті.** *Жаудың қаһары, екпіні.* **Жаудың қолы.** *Жаудың жасағы.* **Жау етті.** *Араздастырды, қастастырды, өштестірді.* **Жау жағадан [бөрі етектен] алғанда [алған шақта].** *Қиынқыстау кезде, қысылтаяңда.* **Жау жағадан алды.** *Басқа қиыншылық түсті, жан қысылды.* **Жау жасағы.** *Жаудың қарулы қолы.* **Жау жегір.** қ а р ғ . *Дұшпанға жем болғыр, талауға түскір.* **Жау жетті, ел көшті.** *У-шу, аласапыран; ақырзаман тұғыза даңғазалатып сөйлеу.* **Жау жоқта жау сағынды.** *Тиісерге қара таппады, ұрынуға кісі таппады.* **Жау жығылды.** *Дұшпан жеңілді.* **Жау жылан өтті.** *Арада іріткі болды, арасына от түсті.* **Жау көзінен жасырды.** *Жауға білдіртпеді.* **Жау көрді.** *Дұшпан санады, қас деп білді.* **Жау қабақ.** *Түксиген, суық қабақ.* **Жау қамап келе жатқандай.** *Қорқу, елегізу, үрейі ұшу.* **Жау қарасы.** *Көрінген жау.* **Жау қашырды.** *Жауды қуды.* **Жау қуғандай.** *Асығыпүсігіп, асып-сасып, аптығып.* **Жау малындай.** *Дұшпанның дүние-мүлкіндей.* **Жау мүндалады.** *Шарқ ұрып ұрысатын жау тапты.* **Жау оғы.** *Дұшпанның атқан оғы.* **Жау ордасы.** б е й н . *Қан майдан, жаудың ең негізгі күші жинақталған жер.* **Жау санады.** *Дұшпан деп білді.* **Жау тигендей.** *Дүрлігіп, ту-талақайы шығып, асығыс.* **Жау тиді.** *Дұшпан тұтқиылдан шабуыл жасады.* **Жау түсірді.** *Дұшпанын қолға түсірді, ұстап алды.* **Жау тылы.** *Жаудың артындағы ел-жұрты.* **Жау шапқандай қылды.** *Ту-талақайын шығарды, дүрліктірді.* **Жау шапты.** *Жау шабуыл жасады; талады, тонады.* **Жауын алты қырдан асырды.** *Жауды тырқыратып алысқа бір-ақ қуып тынды.* **Жауын жеңген батырдай.** *Мойнынан бір ауыр жүк түскендей, көп жұмысты еңсеріп тастағандай.*

**ЖАУ**[2]**: көздің жауын алады [алғандай].** *Өте әдемі, тым әсем, сұлу.*

**ЖАУ**= е т . **1.** *Жаңбыр, бұршақ не қардың аспаннан жерге түсуі; нөсерлеу.* **2.** а у ы с . *Бір нәрсенің қаптап кетуі, көбеюі.*

**Жауар [жауатын] күндей [бұлттай].** *Түнжыраған, түнерген.* **Жауар күндей күркіреді [торланды, түнерді].** *Қаһарланды, түйілді, қатуланды.* **Жауар [жауатын] бұлттай.** *Түнжырап түнерген, көңілсіз.* **Жауған күндей.** *Жауып тұрған күндей.*

**ЖАУАП**[1] [ар. جواب ] з а т . **1.** *Біреудің сұрағына берілетін уәж, қайтарылатын сөз.* **2.** а у ы с. *Қарсы әрекет; ерулікке қарулы.* **3.** а у ы с. *Тергеу сот.* **4.** м а т . <ағыл. response> *Есептің қорытындысы, нәтижесі.*

**Жауап алды.** а) *Қойылған сұрақтың шешуін білді.* ә) з а ң . *Айыпкердің қылмысын анықтау үшін тергеуші сұрақтар қойып, тексерді.* **Жауап берді.** а) *Сұрауына түсінік берді, жауап қайтарды; тұжырымын, шешімін айтты.* ә) *Жауапкер болды, жауапкершілікті міндетіне алды.* б) *Жазасын тартты, айыпталды, жазаланды.* **Жауап бере алмады.** *Не дерін білмеді.* **Жауап жүктетілді.** ж е р г . *Шара қолданылды.* **Жауап қағыстырды.** ж е р г . *Сөз жарыстырды, сөз таластырды.* **Жауап қайырды [қайтарды, қатты].** *Сөзге, сұраққа жауап берді.* **Жауапқа тартты [тартылды].** *Істеген қылмысына, ісіне орай айыптады, жазалады.* **Жауап қошмады.** ж е р г . *Жауап бермеді, жауап қатпады.* **Жауап қылды [етті].** *Жауап берді.* **Жауап тапты.** *Уәжді сөз қайтарды.*

**ЖАУАП**[2] з а т . ж е р г . ***Рұқсат.***

**ЖАУАПКЕР** з а т . **1.** *Міндетіне алған, бір істің нәтижесіне жауап беретін адам.* **2.** з а ң . *Сот алдында жауап беруге тиісті, жазықты, қылмысты адам, айыпкер.*

**ЖАУАПКЕРДЕЙ** с ы н . *Жауапкер адамдай.*

**ЖАУАПКЕРЛІК** зат. *Белгілі бір нәрсеге жауапты болушылық, міндетіне алушылық.*

**ЖАУАПКЕРСІЗДІК** зат. *Жауапты болмау, жауапкершілікті міндетіне алмаушылық.*

**ЖАУАПКЕРШІЛІК** зат. **1.** *Белгілі бір іске жауаптылық, міндеттілік.* **2.** пед. *Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі; қабылданған нормалар мен ережелерді орындауы тұрғысынан субъектінің іс-әрекетіне әртүрлі нысанда жүзеге асырылатын бақылау.* **3.** *Өз әрекеті нәтижесінің алдына қойылған мақсаттарына, қоғам немесе ұжым қабылдаған нормаларға сәйкестігін тұлғаның өзінің түсіне білу қабілеті.*

**Жауапкершілігі артты.** *Белгілі бір іске жауапты, міндетті болуды күшейтеді.* **Жауапкершілігі жоғары.** *Белгілі бір істі, тапсырылған міндетті уақытында, нәтижелі орындап шығуды өзіне міндет санайтын, адамгершілік қасиеті жоғары (адам).* **Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.** *Жауапкершілігі шектелген шағын кәсіпорындар.* **Жауапкершілік аймағы.** әск. а) *Белгіленген ауданда ұрыс қимылдарын жүргізу, әскери объектілердің құрылысы мен оларды пайдалану, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың қозғалысына бақылау жасаудың әскери басшылыққа міндеттелген ауданы;* ә) *Жою көзделген қарсылас объектісінің орналасу аумағының бір бөлігі.* **Жауапкершілік [міндет] жүктеді.** *Сенім артты, сеніп тапсырды.* **Жауапкершілікпен қарайды.** *Белгілі бір іске ұқыпты, жауапты болды.* **Жауапкершілікпен қарау.** кіт. *Тапсырылған, мойнына алынған істі тыңғылықты орындау.*

**ЖАУАПНАМА** зат. *Жауап жазылған қағаз, хат арқылы жауап.*

**ЖАУАПСЫЗ**[1] сын. **1.** *Жауабы жоқ, жауап қайтарылмаған; үн-түнсіз, тым-тырыс.* **2.** *Жауабы қиын, жауабы табылмайтын.*

**Жауапсыз қалды [қалдырды].** *Жауап берілмеді, жауап қайтарылмады.* **Жауапсыз тастады [тастамады].** *Жауап бермеді, жауап қайтармады.*

**ЖАУАПСЫЗ**[2] үст. *Немқұрайды, қалай болса солай.*

**Жауапсыз қарады.** *Іске салқын, немқұрайды қарады.*

**ЖАУАПСЫЗДАУ** сын. *Немқұрайдылау, жүрдім-бардым.*

**ЖАУАПСЫЗДЫҚ** зат. *Іске салқын, немқұрайды қараушылық.*

**Жауапсыздықпен қарады.** *Немқұрайдылық етті, мән бермеді.*

**ЖАУАПТА=** ет. **1.** *Жауап алу, тергеу, тексеру.* **2.** *Жауапқа тарту, айыптау, соттау.*

**ЖАУАПТАН=** ет. жерг. *Міндеттену, жауап беретін болу.*

**ЖАУАПТАНУ** *Жауаптан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУАПТАНУШЫ** зат. жерг. *Міндетіне алушы.*

**ЖАУАПТАРЛЫҚ** зат. сөйл. *Жауаптау, тергеу ісімен айналысу.*

**ЖАУАПТАС=** ет. *Сөйлесу, тілдесу, жауап қатысу.*

**ЖАУАПТАСУ** *Жауаптас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУАПТАСУШЫ** зат. *Сөйлесуші, тілдесуші (адам).*

**ЖАУАПТАУ** *Жауапта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУАПТЫ** сын. **1.** *Міндетті, борышты; жауап беретін (адам).* **2.** *Айыпты, кінәлі.* **3.** ауыс. *Негізгі, басты, маңызды.*

**Жауапты болады.** а) *Міндетіне алады, жауап береді.* ә) *Кінәлі болады, айып тартады.* **Жауапты етті.** *Міндеттеді, борышты етті.* **Жауапты жұмыс.** *Маңызды іс.* **Жауапты кезекші.** *Жауап беретін, басты, негізгі кезекші.* **Жауапты кезең.** *Маңызды кез, уақыт.* **Жауапты қарады.** *Неге болса да мән бере қарады, жауапкершілікпен атқарды.* **Жауапты қызмет.** *Маңызды жұмыс, маңызды кәсіп.* **Жауапты қызметкер.** *Бір істі атқару міндеттелген адам.* **Жауапты міндет.** *Маңызды тапсырма, маңызды жұмыс.* **Жауапты нұсқаушы.** тар. *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн сілтеп отыратын партия адамы.* **Жауапты орындаушы**. сөйл. *Жауапты қызметкер.* **Жауапты редактор.** *Басылымның баспадан редакцияланып шығу міндеті жүктелген редактор.* **Жауапты редакциялау**. инф. *Хабарламаның формасына тиісті редакциялық символдарды үстемелеу арқылы файлдағы жазу формасынан мәліметтердің элементтерін түрлендіру.* **Жауапты секретарь**. а) *Ұйымның не белгілі бір мекеменің күнделікті жұмысын атқарушы бірінші басшы.* **Жауапты хатшы.** *Жауапты, жауапты іс жүргізуші.* **Жауапты іс.** *Маңызды жұмыс.*

**ЖАУАПТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Іске жауап берушілік, жауапты болушылық, міндеттілік.* **2.** ауыс. *Мәнділік, маңыздылық.*

**Жауаптылықпен қарады.** *Өз ісін саналы түрде тиянақты істеді, мән бере атқарды.*

**ЖАУАПШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Жауапкершілік.***

**ЖАУБАСАР** сын. *Ұрысқа, қиянға шығар саңлақ.*

**Жаубасар жүйрік**. *Сайысқа сай тұлпар.*

**ЖАУБҮЙРЕК** зат. этн. тамақ. *Жаңа сойылған малдың, аңның бүйрегінен, етінен қуырып пісірілген ұлттық тағам.*

**ЖАУБҮЙРЕКТЕЙ** сын. *Жаубүйрек тәрізді.*

**ЖАУГЕР**[1] сын. **1.** *Батыл, ержүрек, қайтпайтын.* **2.** *Айбатты, қажырлы; жауынгер.*

**ЖАУГЕР**[2] зат. зоол. *Үндіқытайда таралған балық түрі.*

**Жаугер сәңке.** зат. зоол. *Дене тұрқы 6-8 см, Үндіқытайда таралған балық.*

**ЖАУГЕРЛІК** зат. **1.** *Батылдық, ержүректік.* **2.** ауыс. *Араздық, өштік, қастық.*

**ЖАУГЕРШ** зат. *Жауынгер; батыр, ер.*

**ЖАУГЕРШІЛІК** зат. *Ұрыс, соғыс, шабуыл, жорық.*

**Жаугершілік заман.** *Ұрыс, соғыс, жорық болған кез.* **Жаугершілік замандай.** *Ұрыс, соғыс, жорық уақытындай.* **Жаугершілік кезде.** *Ұрыс, соғыс, жорық уақытында.* **Жаугершілік соғыс**. *Шапқыншылық, сұрапыл соғысы.* **Жаугершілікті бастан өткерді [өткізді].** *Шапқыншылықты, сұрапыл соғысты көрді.*

**ЖАУҒЫЗ=** ет. **1.** *Жаудыру.* **2.** ауыс. *Қаптату, үймелету.*

**ЖАУҒЫР**: **қан жауғыр.** *Қан жаусын мағынасындағы зілсіз қарғыс.*

**ЖАУҒЫРЛАП**: **нан жауғырлап**. *Молшылық болсын мағынасындағы зілсіз тілек.*

**ЖАУҒЫШ** сын. ауыс. *Жауа бергіш.*

**ЖАУДАЙ** сын. *Жау сияқты; дұшпандай, қастай.*

**Жаудай жағаласты**. *Арпалысты, бой бермей тайталасты.* **Жаудай жапырды.** *Апырып-жапырып істеді, ту-талақайын шығарды.* **Жаудай көрді.** *Қас санады, дұшпан деп білді.* **Жаудай талады.** *Дұшпанша талан-таражға салды.* **Жаудай тиді.** *Ойсыратты, жапырды.*

**ЖАУ-ДҰСПАН** зат. *Адамдардың бір-біріне қастық ойлауы.*

**ЖАУДЫР=** ет. **1.** *Жауғызу (жаңбыр, қар).* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне төпелету, қаптату, көбейту.*

**ЖАУДЫР** сын. *Мөлдіреген, тұнық, таза (аспан, қарашық).*

**Жаудыр [қара] көз.** *Жайнаған, әдемі, үлкен, тұнық, мөлдір көз.*

**ЖАУДЫРА=** ет. **1.** *Бейкүнә қарау, мөлдіреу.* **2.** *Жалт-жұлт ету, жайнау, жарқырау.* **3.** ауыс. *Жаутаңдау, жалтақтау, қия алмау.*

**ЖАУДЫРАТ=** ет. **1.** *Мөлдірету.* **2.** *Жаутаңдату, мөлиту (жылату), аянышты күйде қалдыру.*

**ЖАУДЫРАТУ** *Жаудырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРАУ** *Жаудыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРМА** сын. *Жауып кеткен, үсті-үстіне қойылған (сұрақ).*

**ЖАУДЫРМАЛА=** ет. *Үсті-үстіне төпелеу, жаудыру.*

**ЖАУДЫРМАЛАТ=** ет. *Үсті-үстіне төпелету, қаптату.*

**ЖАУДЫРМАЛАТУ** *Жаудырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРМАЛАУ** *Жаудырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРТ=** ет. **1.** *Қаптату.* **2.** ауыс. *Жаутаңдату.*

**ЖАУДЫРТУ** *Жаудырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРУ** *Жаудыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРЫЛ=** ет. *Қаптатылу, үстемелетілу.*

**ЖАУДЫРЫЛУ** *Жаудырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУДЫРЫС=** ет. *Қаптатысу, жаудырмалатысу.*

**ЖАУДЫРЫСУ** *Жаудырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУ-ЖАҒАЛАС** зат. *Алыс-жұлыс, тартыс.*

**ЖАУ-ЖАЛА** зат. *Өзара жауласқан қастық ойлаған адамдардың бір-біріне істейтін жауыздық әрекеті мен өтірік кінә артуы.*

**ЖАУ-ЖАЛАМ** үст. **1.** *Қарбалас, аласапыран.* **2.** *Лезде, әп-сәтте.*

**ЖАУЖАНДЫ** сын. *Жанжалқұмар, жауласқыш, соғысқұмар.*

**ЖАУЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Таулы жерде өсетін, беті жып-жылтыр, үлкен жапырақты өсімдік.*

**ЖАУ-ЖАРАҚ** зат. көне. *Қару-жарақ.*

**Жау-жарағын сайлады**. *Қару-сайманын дайындады.*

**ЖАУ-ЖАТ** зат. *Дұшпан.*

**ЖАУ-ЖОРЫҚ** зат. *Жаугершілік; жорық, аттаныс.*

**ЖАУЖҮРЕК** сын. *Өжет, батыл, жүректі.*

**ЖАУЖҮРЕК** зат. жерг. ***Жаубүйрек.***

**ЖАУЖҮРЕКТІК** зат. *Өжеттік, батылдық, ерлік.*

**ЖАУЖҰМЫР**[1] зат. *Жалбыршақ қарын мен көкбауыр.*

**ЖАУЖҰМЫР**[2] зат. тамақ. *Ұлттық тағам; түгелдей өз қарнына салынып, көміп пісірілген қой еті.*

**ЖАУЖҰМЫР**[3] зат. өс. <лат. ferula dshaudshamyr> *Шөл, шөлейт өңірлерде өсетін, шатыршағүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖАУЗА** зат. жерг. *Зауза; мамыр айының ескіше аты.*

**ЖАУКЕМДЕ=** ет. *Бір нәрсені апырып-жапырып істеу, тез тындыру.*

**ЖАУКЕМДЕУ** *Жаукемде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУКЕҢДЕ=** ет. ***Жаукемде.***

**ЖАУКӨБЕЛЕК** зат. зоол. *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін көбелек.*

**ЖАУКӨЗДІК** зат. *Дұшпандық.*

**ЖАУҚАБАҚ** зат. *Өштес, қайырымсыз.*

**ЖАУҚАЗЫН**[1] зат. өс. <лат. crocus> **1.** *Лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық*

*шөптесін өсімдіктердің туысы.* **2.** *Ерте көктемде, қар кетісімен шығатын қыр гүлі.* **3.** ауыс. *Жасөспірім, балғын, балауса, жас жеткіншек.*

**Жауқазын бәйшешегі.** *Жауқазын гүлі.* **Жауқазын бет.** поэт. *Қызыл шырайлы, реңді келбет.* **Жауқазын гүлдей.** *Жауқазын гүліндей.*

**ЖАУҚАЗЫН**[2] зат. қолөнер. *Жауқазын өсімдігінің гүлі тәріздес ою-өрнек.*

**ЖАУҚАЗЫНДАЙ** сын. *Балғын, жап-жас, балауса.*

**Жауқазындай жайқалу.** *Құлпыру.*

**ЖАУҚАЗЫНДЫ** сын. *Жауқазын өскен, жауқазыны көп.*

**ЖАУҚАН** сын. *Өсіп-толған, жетілген.*

**ЖАУҚАРЫН** зат. өс. *Жауқазын тәрізді өсімдік.*

**ЖАУҚАСЫН** зат. сөйл. ***Жауқазын***.

**ЖАУҚАСЫНДАЙ** сын. ***Жауқазындай***.

**ЖАУҚИЯҚ**[1] зат. өс. <лат. leums ramosus> *Қонақот тұқымдасына жататын сортаңды, қуаң жерлерде, шалғынды далаларда өсетін, биіктігі 30-50 см-дей, қияқтың бір түрі.*

**ЖАУҚИЯҚ**[1] зат. өс. <лат. stratiotes aloides> *Өзен-көлдерде, ақпайтын суларда өсетін, биіктігі 15-45 см-дей, көпжылдық су өсімдігі.*

**ЖАУҚЫН** сын. жерг. көне. *Үлкен.*

**ЖАУЛА**[1]= ет. **1.** *Елді, жерді басып алу, дүние-мүлікті талау, тонау.* **2.** ауыс. *Еркін билеу, жүрегін, ойын бағындыру.*

**Жаулап алды.** а) *Басып алды, өзіне бағындырды.* ә) *Иемденді, иеленді, тартып алды.* **Жаулап алушы.** әск. *Бір елді немесе оның бір аумағын жаулап алу мақсатымен соғыс жүргізуші.*

**ЖАУЛА**[2] сын. жерг. *Тынық.* Бүгін теңіз *ж а у л а*.

**ЖАУЛАН**[1]= ет. *Жаулап алыну, зорлықпен бағындырылу.*

**ЖАУЛАН**[2]= ет. жерг. *Қатулану, буырқану, бұрсану.*

**ЖАУЛАНДЫР**= ет. *Қатуландыру, буырқандыру.*

**ЖАУЛАНДЫРУ** *Жауландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАНУ** *Жаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАРУ**= ет. жерг. *Тыну, тынышталу (теңіз).*

**ЖАУЛАС**= ет. **1.** *Соғысу, ұрысу, айқасу.* **2.** *Қастасу, өштесу, араздасу.*

**ЖАУЛАСТЫР**= ет. *Ұрыстыру, соғыстыру, шайқастыру.*

**ЖАУЛАСТЫРУ** *Жауластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАСУ** *Жаулас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАСУШЫ** зат. *Соғысушы, өштесуші, қастасушы.*

**ЖАУЛАСУШЫЛЫҚ** зат. *Өзара шапқыншылық.*

**ЖАУЛАТ**= ет. *Талаттыру, тонаттыру, иемдендіру.*

**ЖАУЛАТУ** *Жаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАУ** *Жаула етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛАУШЫ** зат. *Елді, жерді басып алушы, дүние-мүлікті талаушы, тонаушы.*

**ЖАУЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Шапқыншылық.*

**ЖАУЛЫ** сын. *Жауы бар, қас дұшпаны көп (жер, ел).*

**ЖАУЛЫ: ала жаулы**. *Ала-құла; бірдей емес, ала шабыр.* **Жаулы бақыр.** жерг. *Үлкен бақыраш.*

**ЖАУЛЫҚ**[1] зат. **1.** этн. *Ақ бәтестен, не ақ жібектен тігілетін, алды қолдың ұшына дейін жауып тұратын, етегі өкшеге дейін жететін, төбесі дөңгеленіп бөлек салынатын әйелдердің басына салатын киімі.* **2.** *Әйелдің басына тартатын ақ түсті орамалы.*

**Жаулығы дағарадай.** *Жаулығы үлкен.* **Жаулық салдырды [салды]**. этн. *Жаулық салдыру салтын атқарды.*

**ЖАУЛЫҚ**[2] зат. *Қастық, дұшпандық, араздық.* **Жаулық жасады.** *Қастық істеді.*

**ЖАУЛЫҚ-ОРАМАЛ** зат. *Әйелдер басына тартатын орамал.*

**ЖАУЛЫҚСЫЗ** сын. *Жау болмай-ақ, жаусыз.*

**ЖАУЛЫҚТАЙ** сын. **1.** *Жаулық сияқты.* **2.** ауыс. *Үлкен.*

**ЖАУЛЫҚТАС** сын. *Жаулық салған (салатындар), жаулықты.*

**ЖАУЛЫҚТЫ** сын. *Жаулығы бар, жаулық тартқан, орамал салған (әйел).*

**ЖАУЛЫҚТЫҚ** сын. *Жаулық тігуге жарарлық.*

**ЖАУЛЫҚТЫР**= ет. *Жауықтыру, өштестіру.*

**ЖАУЛЫҚТЫРУ** *Жаулықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЛЫҚША** үст. *Жаулыққа ұқсап.*

**ЖАУМЫТ** зат. *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.*

**ЖАУМІТ** зат. *Қанышезер, сатқын.*

**ЖАУПАЗАҚ** зат. өс. *Өріктің өте ерте пісетін сорты.*

**ЖАУРА**= ет. *Тоңу, мұздау.*

**Жаураған торғайдай құты қашты**. *Берекесі кетті, састы.*

**ЖАУРАП-ЖАСЫНА**= ет. *Жаурау, тоңу.*

**ЖАУРАТ**= ет. *Тоңдыру, мұздату.*

**ЖАУРАТУ** *Жаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУРАУ** *Жаура етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУРАУЫҚ** сын. *Суыққа төзімсіз, тоңғақ; мұздауық.*

**ЖАУСАТ**= ет. **1.** *Қирату, бүлдіру, бұзу, талқандау.* **2.** *Қырып-жою, құрту, жоқ ету.*

**ЖАУСАТУ** *Жаусат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУСЫЗ** сын. *Жауы жоқ, қас-дұшпансыз.*

**ЖАУСЫН**= ет. *Дұшпан санау, жау көру.*

**ЖАУСЫНУ** *Жаусын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУСЫРА**= ет. *Жау іздеу, жау құмарлану; соғысуды аңсау.*

**ЖАУСЫРАУ** *Жаусыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУТАҢ** елік. *Жаутаңдаған, мөлдіреген көздің қараған қимылын бейнелейтін сөз.*

**Жаутаң етті [еткізді]**. *Мөлдірей қарады, жаутаңдады.* **Жаутаң көз.** а) *Жаутаң-жаутаң еткен, мөлиген жалтаң көз.* ә) *Жаудыраған, мөлдіреген көз.* **Жаутаң қақты.** *Жаутаң-жаутаң қарады, көзі жаутаңдап, жыларман болды.*

**ЖАУТАҢДА**= ет. *Жаутаң-жаутаң ету, жаудырай қарау.*

**Жаутаңдап қарады.** *Көзі жасқа толып, жәудіреп қарады; біреуден, бір нәрседен үміт күтіп телмірді.*

**ЖАУТАҢДАС**= ет. *Жаудырасу, жаутаң-жаутаң етісу.*

**ЖАУТАҢДАСУ** *Жаутаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУТАҢДАТ**= ет. *Жаудырату, жаутаң-жаутаң еткізу.*

**ЖАУТАҢДАТУ** *Жаутаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУТАҢДАУ** *Жаутаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ** елік. *Мөлдіреген, мөлиген көздің қайта-қайта қарағанын бейнелейтін сөз.*

**Жаутаң-жаутаң етті**. *Жаудырай, мөлдірей қарады.* **Жаутаң-жаутаң қағады.** *Көзі жаудырап қарай береді.* **Жаутаң-жаутаң қарады.** *Жаудырай, мөлдірей қарай берді.*

**ЖАУТАҢКӨЗ** сын. *Жаудырай, мөлдірей қарайтын көз.*

**ЖАУТЕҢДЕ**= ет. сөйл. ***Жаутаңда***.

**ЖАУТЕРЕК** зат. *Теректің түрі, майтерек.*

**ЖАУТОРҒАЙ** зат. зоол. <лат. emberiza calandra> *Топтанып жүретін, егіске зиянды торғай.*

**ЖАУТҮСІРГІШ** сын. *Батыл, айлалы, мықты.*

**ЖАУТЫЛДА**= ет. *Жалтылдау.*

**ЖАУТЫЛДАУ** *Жатылдау етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУУ** *Жау етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУҺАЗ** зат. сөйл. ***Жауқазын***.

**ЖАУҺАЗЫН** зат. ***Жауқазын.***

**ЖАУҺАР** зат. сөйл. ***Гауһар.***

**Жауһар тас**. *Гауһар тас.*

**ЖАУҺАРДАЙ** сын. *Гауһар тәрізді.*

**ЖАУҺАРЛА**= ет. *Гауһар орнату, гауһармен әсемдеу, сәндеу.*

**ЖАУҺАРЛАН**= ет. *Жалт-жұлт етіп құбылу; әсемдену, сәндену.*

**ЖАУҺАРЛАНУ** *Жауһарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУҺАРЛАУ** *Жауһарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУҺАРЛЫ** сын. *Гауһары бар, гауһармен әшекейленген.*

**ЖАУҺАРЛЫҚ** сын. *Гауһар ұстаушы.*

**ЖАУША**[1] үст. *Жау тәрізді, қас-дұшпан сияқты.*

**ЖАУША**[2] зат. жерг. *Қарабидай.*

**ЖАУШАЛҒЫН** зат. өс. <лат. elymus> *Ылғалды жерде биік боп өсетін жұғымды, балауса шөп.*

**ЖАУШОҒЫЛ** зат. зоол. <лат. eumastacidae> *Тікқанаттылар отрядындағы бір тұқымдас түрлі жәндік.*

**ЖАУШҮМІЛДІК** зат. өс. <лат. paeonia anomala> *Мамыр, маусым айларында гүлдейтін, тармақталған жуан тамырлы, қоңыр-қошқыл түсті сарғалдақ тұқымдасы, таушымылдық туысына жататын өсімдік.*

**ЖАУШЫ**[1] зат. *Соғыс хабаршысы.*

**ЖАУШЫ**[2] зат. көне. **1.** *Құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, сыр тартып, келісімін алып қайтатын адам.* **2.** *Екі елдің арасын келістіруші, елші.*

**Жаушыға жүрді**. *Қызға сырттай ен тағып, айттыруға кісі жіберді.*

**ЖАУШЫДАЙ** сын. *Жаушы тәрізді, түсі суық, сұсты.*

**ЖАУШЫ-ЖАЛАМ** үст. *Тез, қарбалас, асығыс, жылдам, шапшаң; жау-жалам.*

**ЖАУШЫ-ЖАЛАМДА** үст. *Лезде, әпсәтте, қарбаласта, асығыста.*

**ЖАУШЫЛА**= ет. *Жауласу, шабысу, соғысу.*

**ЖАУШЫЛАУ** *Жаушыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУШЫЛЫҚ**[1] зат. *Дұшпандық, қастық.*

**ЖАУШЫЛЫҚ**[2] зат. көне. *Жаушы*[2] *болушылық.*

**ЖАУШЫМШЫҚ** зат. сөйл. ***Жауторғай.***

**ЖАУШЫМШЫҚТАЙ** сын. *Жаушымшық тәрізді, жаушымшықтың үлкендігіндей.*

**ЖАУШЫМЫЛДЫҚ** зат. өс. <лат. paeonia hybrida> *Тамыр түйнекті, әсемдік үшін бау-бақшада өсірілетін, медицинада дәрі-дәрмекке пайдаланылатын сарғалдақ тұқымдасы, таушымылдық туысына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ЖАУШЫРМАУЫҚ** зат. өс. *Көпжылдық шырмауықтың бір түрі.*

**ЖАУЫҒУ** *Жауық етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЫҒУШЫ** зат. *Жауласушы, қастасушы, өштесуші.*

**ЖАУЫҒЫС=** ет. *Қастасу, өштесу, жауласу.*

**ЖАУЫЗ** сын. **1.** *Қанішер, қанұшезер, зұлым, залым.* **2.** ауыс. *Опасыз, қайырымсыз, қатал.*

**Жауыз адам**. *Залым, опасыз адам.*

**ЖАУЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Зұлымдық, залымдық, қастандық, опасыздық.* **2.** пед. *Қоғам және жеке адам өміріндегі барлық теріс қасиеттерді көрсететін әдеп санаты.*

**Жауыздықтан [қиянаттан] тыйылды.** *Басқаға жәбір көрсетуін қойды.*

**ЖАУЫҚ=** ет. *Жауласу, қастасу, өштесу.*

**ЖАУЫҚ** зат. жерг. ***Жабу.***

**ЖАУЫҚҚАН** сын. *Өштескен, қастасқан.*

**ЖАУЫҚҚЫШ** сын. *Жауыға бергіш, өштесіп-қастасқыш, жауласқыш.*

**ЖАУЫҚТЫР=** ет. *Өштестіру, қастастыру.*

**ЖАУЫҚТЫРУ** *Жауықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЫЛША**[1] зат. өс. <лат. alyssum> *Таулы жерде өсетін, қой малына жұғымды шөп.*

**ЖАУЫЛША**[2] зат. жерг. *Қолбақыр.*

**ЖАУЫЛШАЛЫ** сын. *Жауылшасы мол өскен.*

**ЖАУЫН** зат. *Су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр.*

**Жауын [жаңбыр] астында қалды.** *Үсті-басы малмандай су болды.* **Жауын жеді.** жерг. *Жауын шайды.* **Жауын шақыру.** миф. *Дүниежүзіне кең тараған магиялық ғұрыптың бірі.*

**ЖАУЫНГЕР** зат. <нем. Soldat> **1.** *Әскери қызметтегі адам, жаумен шайқасушы, сарбаз. // Батыл, ержүрек, қорықпайтын. // Алдыңғы қатарлы, озат.*

**ЖАУЫНГЕРДЕЙ** сын. *Жауынгер сияқты.*

**ЖАУЫНГЕРЛІК** сын. *Жауынгерге тән, әскери.*

**Жауынгерлік әзірлік.** әск. *Әскери бөлімнің кез келген жағдайда ұрыс бастауға немесе қорғануға әзірлігі.* **Жауынгерлік дабыл**. әск. *Әскери бөлімдерді жауынгерлік міндетті орындау әзірлігіне жедел келтіру.* **Жауынгерлік листок.** *Бригададағы күнбе-күнгі еңбек жетістіктерін жариялап отыратын жарнама қағаз.*

**ЖАУЫНГЕРШЕ** үст. *Жауынгер тәрізді, солдатша, ержүрек адамша.*

**ЖАУЫНДАЙ** сын. *Жауын сияқты.*

**ЖАУЫНДАТ=** ет. **1.** *Жаңбыр жауу, төгу, құю.* **2.** *Жауындатқыш мәшинелер арқылы су бүрку, себездеу.*

**Жауындатып суару.** сушар. *Егістік жерді техника көмегімен жаңбырлатып суару.*

**ЖАУЫНДАТҚЫШ** зат. тех. *Суды немесе басқа бір сұйық затты жаңбырша жаудыратын, бүркетін мәшине я қондырғы.*

**ЖАУЫНДАТУ** *Жауындат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЫНДАТЫП** үст. *Жауын жауып тұрғанда, жауын кезінде.*

**ЖАУЫНДЫ** сын. *Жауыны көп (мол), жаңбыр көп жауатын.*

**Жауынды күн.** *Жаңбыр көп жауатын күн.*

**ЖАУЫНДЫЛАУ** сын. *Жаңбыры көбірек, жауыны молырақ.*

**ЖАУЫНДЫ-ШАШЫНДЫ** сын. *Жауын-шашыны көп, жаңбыры мол.*

**ЖАУЫНҚҰРТ** зат. зоол. *Топырақ арасында тіршілік ететін ұзынша қызыл құрт, шұбалшаң.*

**ЖАУЫНСЫЗ** сын. *Жауыны жоқ, жаңбырсыз.*

**ЖАУЫНСЫЗДЫҚ** зат. *Жаңбыр жаумағандық, жауыны жоқтық.*

**ЖАУЫНША** үст. *Жауын тәрізді, жаңбырша.*

**ЖАУЫН-ШАШЫН** зат. *Жаңбыр, қар, т.б. атмосфералық тосап.*

**ЖАУЫН-ШАШЫНДЫ** сын. *Жауын-шашыны мол, жаңбырлы.*

**ЖАУЫН-ШАШЫНСЫЗ** сын. *Жауын-шашыны жоқ, жаңбырсыз.*

**ЖАУЫР** зат. **1.** *Ердің, ершіктің батуынан болатын көлік арқасындағы жарақат.* **2.** ауыс. *Арық, әбден титықтаған күш көлігі (жылқы малы).*

**Жауыр ат.** *Арқасы жауыр болып арықтаған, әбден титықтаған ат.* **Жауыр болған.** *Ығыр еткен, мезі қылған, күйі кеткен.* **Жауыр болды.** а) *Арқасы жарақаттанды, жара болды.* ә) *Мезі қылды, таптаурын етті.* **Жауырды жаба тоқыды.** *Жасырып жапты, сыртқа шығармады, сыр білдірмеді.* **Жауыр етті [қылды].** а) *Аттың арқасын жаралады, жарақаттады.* ә) ауыс. *Мезі етті, ығыр қылды.* **Жауыр құйрық**. *Бейнетті көп көрген (адам, мал).* **Жауыр сөз.** *Жиі айтылатын, жаттанды.*

**ЖАУЫР=** ет. жерг. *Жауыр болу, арқасы кету.*

**Жауыр аттай ығыр болды.** *Әбден мезі болды, жүрегіне тиді.*

**ЖАУЫРА=** ет. жерг. *Жауыр болу, ойылу.*

**ЖАУЫРДАЙ** сын. *Жауыр сияқты.*

**ЖАУЫРТ=** ет. *Жауыр ету, қажау, жаралау.*

**ЖАУЫРТУ** *Жауырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЫРУ** *Жауыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАУЫРЫН** зат. **1.** анат. <лат. scapula> *Жоғарғы жағы тоқпан жіліктен жалғасып тұратын, үш бұрыш пішінді қалақша сүйек.* **2.** ауыс. *Киімнің жауырын тұсының атауы.*

**Жауырын бауыздауы.** *Жауырын сүйектің жалпақ тұсы мен басы аралағындағы бөлігі.* **Жауырынды сөкті.** *Қолы түскен, иығына ауыр соққы тиген не ауыр жүк артудан болған (ақсаған) қатерлі кінәраттарды емдеу тәсілі.* **Жауырын жолын ашу.** *Ас, тағам мәдениетіндегі рәсім.* **Жауырын қазаны.** *Жауырын сүйектің бөлігі.* **Жауырын қарады.** этн. *Жауырынға қарап бал ашты, сәуегейлік жасады.* **Жауырыннан жел өтті.** *Азап, бейнет көрді.* **Жауырын ойысы.** *Жауырын сүйектің бөлігі.* **Жауырын шеміршегі.** *Малдың жауырын сүйегінің етегіндегі жалғасқан шеміршек.* **Жауырыны [иықтары] бүлкілдеді.** бейн. *Әйелдің иықтары мен жауырынын қозғалтқанда бұлшық еттері ойнады деген мағынада.* **Жауырыны жерге тимеген.** *Ешқашан жығылмаған, күшті, балуан.* **Жауырыны қақпақтай.** *Денелі, иықты, қапсағай (адам).* **Жауырынынан қақты.** *Арқасынан қағып, ризашылық білдірді, мақтады, мадақтады.* **Жауырынына таңды.** *Жауырынына байлады.*

**ЖАУЫРЫНДЫ** сын. *Жауырыны кең, жалпақ; иықты, денелі.*

**ЖАУЫРЫНДЫЛАУ** сын. *Жауырыны үлкенірек, кең иықтылау.*

**ЖАУЫРЫНТАҚ**[1] зат. *Жауырынның қалақ басындағы шеміршектің өсіп кетуінен болатын ауру.*

**ЖАУЫРЫНТАҚ**[2] зат. жерг. ***Иініш.***

**ЖАУЫРЫНША** зат. жерг. *Кеудеше (кеудеге киетін).*

**ЖАУЫРЫНШЫ** зат. *Жауырынға қарап бал ашатын балгер.*

**ЖАУЫТ**: **жауыт қылу**. көне. жерг. *Айту, айтып қою, жеткізу.*

**ЖАХИМ** зат. діни. *Жаһаннамның төртінші қабатына берілген атау; күнге және жұлдызға табынатындар азапталатын жаһаннам.*

**ЖАҺАН** [ир. جهان] зат. *Бүкіл әлем, жержүзі.*

**Жаһан кешті.** *Жержүзін шарлады, күллі әлемді аралады.*

**ЖАҺАНГЕР** [ар. جهانگیر ] зат. көне. **1.** *Бүкіл әлемді, жержүзін аралаушы; саяхатшы, жиһангер.* **2.** *Әлемді өзіне қаратушы, жаулап алушы, басқыншы.*

**Жаһангер соғысы.** тар. *Дүниежүзілік соғыс, жиһангер соғысы.*

**ЖАҺАНДА=** ет. *Бүкіләлемдік ғаламдану бағытына ену.*

**ЖАҺАНДАНУ** зат. <лат. globus> *Бүкіл дүниежүзі бойынша қоғамның сан-саласын қамтитын теріс және оң құбылыстардың жиынтығынан тұратын әлемдік үдеріс.*

**Жаһандану доңғалағы.** *Жаһанданудың жүру үдерісі.* **Жаһандану күпшегі.** *Жаһандану процесі.* **Жаһандану процесі.** *Жаһанданудың даму, өту барысы.* **Жаһандану үдерімі.** *Жаһанданудың өрістеуі.*

**ЖАҺАНДАС=** ет. *Ғаламдасу, бүкіләлемдік бағытқа жақындасу.*

**ЖАҺАНДАСУ** *Жаһандас етістігінің қимыл атауы.*

**Жаһандасу процесі.** *Жаһандасудың даму барысы.*

**ЖАҺАНДАУ** *Жаһанда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҺАНДЫҚ**[1] зат. *Ғаламдық ой-сана, білім.*

**ЖАҺАНДЫҚ**[2] сын. *Бүкіләлемдік, дүниежүзілік.*

**Жаһандық көсем.** *Әлемдік көшбасшы.* **Жаһандық қауіпсіздік.** *Бүкіләлемдік деңгейдегі қатерсіздік.* **Жаһандық орта.** *Әлемдік қауым іші.* **Жаһандық экономика.** *Әлемдік, дүниежүзілік экономика.* **Жаһандық экспансия.** *Бүкіләлемдік деңгейдегі күшпен басып алу саясаты.* **Жаһандық эксперимент.** *Бүкіләлемдік деңгейде жүргізілетін тәжірибе.*

**ЖАҺАНКЕЗ** зат. **1.** *Жержүзін аралаушы, кезуші, саяхатшы.* **2.** *Бүкіл жержүзін өзіне қаратушы, басқыншы.*

**ЖАҺАНКЕЗДІК** зат. **1.** *Жержүзін кезушілік, аралаушылық; саяхатшылық.* **2.** *Күллі әлемді басып алушылық, басқыншылық.*

**ЖАҺАНКЕШ** [ ] зат. *Жер жүзін аралаушы, саяхатшы.*

**ЖАҺАННАМ**[1] зат. сөйл. ***Жаһан.***

**ЖАҺАННАМ**[2] [ар. جهنم] зат. діни. *Діни мистикалық түсінік бойынша өлген адамның «жаны ұшып баратын» жеті тамұқтың (тозақтың) ең жаманы.*

**Жаһаннамға жан [жанын] тапсырды**. *О дүниеге кетті, өлді.* **Жаһаннамға жөнелтті.** *О дүниеге аттандырды, өлтірді.* **Жаһаннамға кетті.** *Дүниеден қайтты, өлді.* **Жаһаннамға қамалды.** *Дүниеден қайтты, өлді, о дүниеге кетті, қазаға ұшырады.* **Жаһаннамнан жай тапты [алды].** *О дүниеге кетті, өлді.*

**ЖАҺАННАМДАЙ** сын. *Тозақтай, тамұқтай.*

**ЖАҺАТ**[1] [ар. جهد ] зат. *Ниет, ықылас, ынта.* **Жаһат етті.** *Ниет етті, көңіл қойды.*

**ЖАҺАТ**[2] [ар. ] үст. көне. *Жақ, тұс, тұрғы.*

**ЖАҺАТТА=** ет. көне. *Жақтау, қолдау.*

**ЖАҺАТТАС** сын. көне. *Жақтас.*

**ЖАҺАТТАУ** *Жаһатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАҺАТТЫ** сын. *Ниетті, ықыласты, ынталы.*

**ЖАҺАТТЫЛЫҚ** зат. *Ынталылық, ниеттілік.*

**ЖАҺАУРАТ=** ет. сөйл. *Жақаурату, емеурін білдіру*.

**ЖАҺИД** зат. ***Жаһат.***

**ЖАҺИЛ** сын. сөйл. ***Жаһіл.***

**Жаһил жолын қуды.** *Надандық, топастыққа салынды, жаман жолға түсті.*

**ЖАҺИЛЛІК** зат. *Надандық, білімсіздік, жаһілдік.*

**ЖАҺИТ**[1] зат. ***Жаһат** (ниет, ынта, ықылас).*

**ЖАҺИТ**[2] зат. діни. *Жаһіл адам.*

**ЖАҺИТШІЛДІК** зат. *Жаһаттылық, ынталылық.*

**ЖАҺИТШІЛІК** зат. *Жаһатшылық, ынталылық.*

**ЖАҺҰТ** зат. сөйл. ***Жақұт** (асыл тас).*

**ЖАҺҰТДАС** сын. көне. сөйл. *Ниеттес, жақтас.*

**ЖАҺҰТТАЙ** сын. *Жаһұт сияқты.*

**ЖАҺҰТШЫЛДЫҚ** сын. көне. *Мінсіздік, тазалық.*

**ЖАҺЫЛ** сын. ***Жәһіл**.*

**ЖАҺІЛ** [ар. جاهل ] сын. діни. *Алланың үкімінен, хақтығынан бейхабар; надан, білімсіз; ақымақ, топас, есалаң.*

**ЖАҺІЛДІК** зат. *Надандық, білімсіздік, топастық.*

**ЖАЮ**[1] *Жай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды өріске жіберу, жайылымда бағу.* **2.** *Жариялау, тарату, мәлімдеу.* **3.** *Затты жазып тастау, жерге төсеу.*

**ЖАЮ**[3] жерг. *Құр, сал етістіктерінің қимыл атауы.*

**ЖАЮЛЫ** сын. **1.** *Төсеулі, салулы.* **2.** *Жазып, жайып қойылған (зат).*

**Жаюлы дастарқан.** *Үстіне ас-тағам қойылған дастарқан.*

**ЖАЮШЫ** зат. *Таратушы, жеткізуші.*

**ЖАЯ** зат. **1.** *Жылқының екі жамбас сүйегінің тұтасқан сырты, дене мүшесі.* **2.** *Осы мүшенің еті.*

**ЖАЯБІР** сын. ***Баяу**.*

**ЖАЯДАЙ** сын. *Кең, тегіс, жайылған (жер).*

**ЖАЯ-ЖАЛ** зат. сөйл. ***Жал-жая.***

**ЖАЯ-ЖАЛДАЙЫН** сын. *Жая-жал сияқты.*

**ЖАЯЛЫ** сын. *Жайлы, кең жайылған.*

**ЖАЯЛЫҚ** зат. *Жас баланы орайтын жайма шүберек, жөргек.*

**Жаялық болды.** *Жайылып жастық, иіліп төсек болды.*

**ЖАЯЛЫҚ-ЖӨРГЕК** зат. *Жас нәрестені бесікке бөлегенде, орағанда астына салатын төсеніштері.*

**ЖАЯЛЫҚТАЙ** сын. **1.** *Кішкентай, алақандай, көлемсіз.* **2.** *Үлкен, дәу; көлемді.*

**Жаялықтай болды.** *Жайылды, үлкейді.*

**ЖАЯЛЫҚША** үст. *Жаялық секілді, жаялық тәрізді.*

**ЖАЯУ** сын. *Көліксіз, астында мінген көлігі жоқ. // Жаяу жүрген адам, көлігі жоқ кісі.*

**Жаяу аударыспақ.** ойын. жерг. *Бірін-бірі арқасына мінгізіп алып тартысатын балалар ойыны.* **Жаяу әнші [жыршы].** *Жай, қатардағы әнші.* **Жаяу әскер [солдат].** әск. *Қарулы күштердің жылдың барлық маусымы мен тәуліктің барлық уақытында, әртүрлі ауа райы мен жер бедері жағдайында тірескен, ұзақ ұрыс жүргізуге қабілетті көліксіз, жаяу қимыл жасайтын негізгі бөлімі.* **Жаяу әскер бөлімшелері.** әск. *Жаяу әскерлері, жаяу әскер батальондары, роталар, взводтар мен бөлімшелер сияқты негізгі әскер бөлімшелері.* **Жаяу әскерге қарсы бөгеттер.** әск. *Жаяу әскерлерге қарсы қойылатын немесе құрылатын жасанды бөгеттер.* **Жаяу базар.** *Ұсақ-түйек заттар сатылатын базар.* **Жаяу бәйге.** *Жаяулардың жарысы, жаяужарыс.* **Жаяу боран.** *Жаңа түскен ұлпек қарды жер бетінен не қатқан қар үстінен үрген еспе боран.* **Жаяу борасын.** *Жаяу бораннан гөрі бәсең, желдің қар түйіршіктерін қар жамылғысының бетінен суыра соғатын сырғыма боран.* **Жаяу борасындатты.** *Желдің жауған қарды жерге сырғыта соғу, бораууы.* **Жаяу бұрқасын.** *Желдің қар жамылғысының беткі қабатын адам бойындай биіктікке көтеріп бұрқырата соғатын онша қатты емес, бәсең боран.* **Жаяуға салмады.** жерг. *Жаяу қалдырмады.* **Жаяу жанжал.** *Жеңіл-желпі ұрыс-керіс.* **Жаяу жарыс.** *Жиын-тойдағы жаяу бәйге.* **Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай.** *Соншалықты әдемі, әсем, көз тартарлықтай.* **Жаяу жүрді.** *Көліксіз жүрді.* **Жаяу жүріс.** *Жаяу жету, жаяу-жалпы қозғалу.* **Жаяу қабан.** жерг. *Шошақ (шөп).* **Жаяу қалжың.** *Жеңіл-желпі, зілсіз әзіл.* **Жаяу қатынады.** *Көліксіз барып-келді.* **Жаяу өсек.** *Ауыздан-ауызға өтетін өсек сөз, пыш-пыш әңгіме, күңкіл-сыңкіл, біреудің сыртынан айтылған ғайбат.* **Жаяу өткел.** *Бір жерден екінші бір жерге өтуге арналған арнаулы орын; бір ғимаратты екінші ғимаратпен жалғастыратын коридор немесе галерея.* **Жаяу салды.** *Иесін жаяу (көліксіз) қалдырды.* **Жаяу сауда.** *Заттарды көтерме бағамен көптеп алып, даналап үстінен азын-аулақ баға қосып сататын жеңіл, онша көлемді емес сауда.* **Жаяу тұман.** метеорол. *Түнгі мезгілде жер бетінің суынуынан пайда болатын радиациялы тұман.*

**ЖАЯУГЕРШІЛІК** зат. *Мінуге еш нәрсесі болмаушылық, көліксіздік.*

**ЖАЯУДАЙ** сын. *Жаяу сияқты.*

**ЖАЯУ-ЖАЛАҢАШ** үст. *Көліксіз, күйсіз, азып-тозған.*

**ЖАЯУ-ЖАЛПЫ** сын. *Көліктісі бар, көліксізі бар. // Көлікті-көліксіз (халық).*

**ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛАП** үст. *Көлікті-көліксіз; өйтіп-бүйтіп.*

**ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛЫ** үст. *Жаяу, жалпылап; амалдап, өйтіп-бүйтіп.*

**ЖАЯУЖОЛ** зат. <франц. trottoir> *Көшенің жаяу адам жүруге арналған асфальт, бетон, кірпіш, тас және т. б. төселген шеткі бөлігі.*

**ЖАЯУЖАРЫС** зат. *Жиын-тойда жастарды жаяу жарыстыратын бәйге.*

**ЖАЯУЛА=** ет. **1.** *Көліксіз жаяу жүру.* **2.** ауыс. *Желдің т.б. баяу, ақырын, жай соғуы.*

**ЖАЯУЛАП** үст. **1.** *Көліксіз жүріп, жаяулатып.* **2.** ауыс. *Баяулап, жайлап, ақырындап.*

**Жаяулап жетті.** *Жаяу жүріп барды; жаяу келді.* **Жаяулап жүрді.** *Жаяу жүрді.* **Жаяулап келді.** *Жаяу келді.*

**ЖАЯУЛАП-ЖАЛПЫЛАП** үст. *Көлікті-көліксіз аралас, амалдап.*

**ЖАЯУЛАТ=** ет. **1.** *Көліксіз, жаяу жүру.* **2.** *Жайлату, баяулату.*

**ЖАЯУЛАТА** үст. *Ақырындап, жайлап, баяулап.*

**ЖАЯУЛАТУ** *Жаяулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖАЯУЛАТЫП** үст. **1.** *Көліксіз жаяу жүріп.* **2.** *Жайлатып, баяулатып, ақырындатып.*

**ЖАЯУЛАУ** *Жаяула етістігінің қимыл атауы; көліксіз, жаяу жүру.*

**ЖАЯУЛЫ** үст. *Жаяу жүріп, көліксіз.*

**ЖАЯУЛЫ-ЖАЛПЫЛЫ** үст. *Көлікпен де, көліксіз де.*

**ЖАЯУЛЫҚ** зат. *Жаяу жүрушілік; көліксіздік.*

**ЖАЯУСОҚПАҚ** зат. *Көшенің жаяу адамдар жүруге арналған бөлігі.*

**ЖАЯУШЫ** зат. *Жаяу адам.*

**ЖАЯУШЫЛЫҚ** зат. *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.*

**ЖӘ**[1] од. *Жетер, болар; жарайды.*

**ЖӘ**[2] шыл. *Я, не, немесе.*

**ЖӘББАР** зат. сөйл. ***Жаппар**; Аллаһу та'аланың Әсмаи хуснасынан (көркем есімдерінен). Құлдарының халдерін тазартып, тәубеге келтіретін, қалағанын жасатуға құдіреті жететін дегенді білдіреді.*

**ЖӘББӘЙ** од. жерг. *Я, ау.*

**ЖӘ-БЕСЕ** мод. жерг. *Жарайды, жақсы, мақұл.*

**ЖӘБРИЯ** зат. діни. *Хижри бірінші ғасырдың соңдарында және екінші ғасырдың бастарында пайда болған, «күнә істеудің адамға зияны жоқ, Аллаһқа қарсы шыққандар (кәпірлер), фасықтар (ашықша күнә істегендер) ешқандай азап көрмейді» деп Әһли сүннеттен (пайғамбарымыздың және сахабалардың жолынан) ажыраған, адасқан топ, діни ағым; мүржия деп те аталады.*

**ЖӘБІР** [ар. جبر ] зат. *Біреуге жасаған қиянат, жапа, қорлық-зорлық.*

**Жәбір етті [жасады, қылды].** *Қиянат көрсетті, жапа шектірді, жәбірледі.* **Жәбір жеді.** сөйл. *Жәбір көрді.* **Жәбір көрді.** *Жапа шекті, зорлық көрді.* **Жәбір тартты.** *Жапа шекті, қорлық көрді.* **Жәбір шекті.** *Қорлық көрді, жапа шекті.*

**ЖӘБІРАЙЫЛ** зат. сөйл. ***Жәбірейіл**.*

**ЖӘБІРӘЙІЛДЕЙ** сын. сөйл. ***Жебірейілдей**.*

**ЖӘБІРӘҺИЛ** зат. сөйл. ***Жебірейіл.***

**ЖӘБІРЕЙІЛ** [ар. جبرائل ] зат. діни. ***Жебірейіл** (Аллаға ең жақын төрт періштенің ең лауазымдысы).*

**ЖӘБІР-ЖАЛА** зат. сөйл. ***Жәбір-жапа.***

**ЖӘБІР-ЖАПА** [ар. جبر جفاء ] зат. *Зорлық-зомбылық, қиянат, қорлық.*

**Жәбір-жапа көрді.** *Зорлық-зомбылық көрді, жапа шекті.* **Жәбір-жапа көрсетті [қылды].** *Зорлық-зомбылық істеді, қиянат шектірді.* **Жәбір-жапа шекті.** *Қиянат көрді, жапа шекті.*

**ЖӘБІРЛЕ=** ет. **1.** *Зорлық-зомбылық жасау, қиянат көрсету; зәбірлеу, ұрып-соғу.* **2.** ауыс. *Көңіліне дақ түсіру, ренжіту.*

**ЖӘБІРЛЕН=** ет. **1.** *Қорлану, зорлық көру, зәбірлену.* **2.** *Қиянат көру, жапа шегу.*

**ЖӘБІРЛЕНГІШ** сын. *Зәбірленіп қалғыш, ренжігіш; зәбірленгіш.*

**ЖӘБІРЛЕНДІР=** ет. *Зәбірлендіру, қорлық көргізу, зорлық жасаттыру.*

**ЖӘБІРЛЕНДІРУ** *Жәбірлендір етістігінің қимыл атауы; қорлану, зәбірлену.*

**ЖӘБІРЛЕНУ** *Жәбірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘБІРЛЕНУШІ** зат. **1.** *Қорлық көруші, жапа шегуші; зәбірленуші.* **2.** құқық. *Қылмыстық әрекеттің салдарынан ар-намысына нұқсан келген, мертіккен немесе мүліктік зиян шеккен адам.*

**ЖӘБІРЛЕТ=** ет. *Қорлату, зорлық жасату, зәбірлету.*

**ЖӘБІРЛЕТУ** *Жәбірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘБІРЛЕУ** *Жәбірле етістігінің қимыл атауы; қиянат көрсету, қорлау, зәбірлеу.*

**ЖӘБІРЛЕУШІ** зат. *Біреуге зәбір жасаушы, қорлық көрсетуші, жапа шектіруші.*

**ЖӘБІРЛЕУШІЛІК** зат. *Зәбірлеушілік, зәбір көрсетушілік, ұрып-соғушылық.*

**ЖӘБІРЛІ** сын. *Жәбір көрген, жәбірленген.*

**ЖӘБІРЛІК** зат. *Жәбір көргендік, зәбірленгендік, зәбірлік.*

**ЖӘБІРСІЗ** сын. *Ешбір зәбірі жоқ, зәбірсіз, зілсіз.*

**ЖӘБІРСІЗДІК** зат. *Зәбір көрмегендік, жәбірленбегендік.*

**ЖӘБІРШІ** зат. *Қиянат жасаушы, зәбірлеуші, зәбір көрсетуші.*

**ЖӘБІРШІЛ** сын. *Зәбіршіл, қиянатшыл.*

**ЖӘБІРШІЛІК** зат. *Зәбір көрушілік, қиянатшылдық.*

**ЖӘДИДИ** [ар. جديدي ] сын. *Жәдитші; жаңа, жаңашыл.*

**ЖӘДИТ** [ар. جديد ] зат. **1.** қоғ.-саяси. *Мұсылмандар XIX г. пайда болған арасындағы ұлттық, буржуазиялық қозғалыс, жаңашыл идеологиялық бағыт, саяси ағым.* **2.** *Осы ағымды (бағытты) жақтаушы адамдар.* **3.** *Мұсылманша оқып білім алудың ескі жүйесі, төте оқу.*

**Жәдит мектептері.** тар. *Ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген діни пәндермен қатар, өмірге қажетті пәндерді оқыту арқылы жаңа оқу жүйесі бойынша білім беретін, 19-20 ғасырлар тоғысында Еділ бойы, Кавказ, Түркістан, Қазақстанда ашылған мектептер.*

**ЖӘДИТИЗМ** зат. саяси-қоғ. *Мұсылмандар буржуазиясы арасында XIX ғ-да пайда болған либерал-буржуазиялық, ұлттық қозғалыс.*

**ЖӘДИТШЕ** үст. **1.** *Жәдит әдісінше, төтенше.* **2.** *Жәдит ағымын жақтаушы адамша.*

**ЖӘДИТШІ** зат. *Жәдитизмді жақтаушы ұлтшылдық топ.*

**ЖӘДИТШІЛ** зат. *Жәдитизмді жақтаушы.*

**ЖӘДИТШІЛДІК** зат. *Жәдитизмді жақтаушылық.*

**ЖӘДУ** сын. ***Жат.***

**ЖӘДҮГЕЙ** зат. сөйл. ***Жадыгөй.***

**ЖӘДҮГЕЙСІ=** ет. ***Жадыгөйсу.***

**ЖӘДІ** [ар. جادو ] зат. *Сиқырлық, көзбайлаушылық.*

**ЖӘДІГЕ** зат. сөйл. ***Жадыгөй.***

**ЖӘДІГЕЙ** зат. сөйл. ***Жадыгөй.***

**ЖӘДІГЕР** [ар. يادگار ] зат. көне. **1.** *Ескерткіш, ғимарат; мұра.* **2.** ауыс. *Жақсының көзі, тұяғы.*

**ЖӘДІГЕРЛІК** зат. *Ертеден қалған мұра, ескерткіш.*

**Жәдігерлік тастады.** *Өсиет, насихат айтты.*

**ЖӘДІГӨЙ** зат. **1.** сөйл. ***Жадыгөй.*** **2.** ауыс. *Сиқыршы, алдамшы.*

**Жәдігөй жауғыш атанды**. *Қазымырланды, жексұрын болды.*

**ЖӘДІГӨЙЛЕН=** ет. *Сиқырсу, алдамшылау, жадыгөйсіну.*

**ЖӘДІГӨЙЛЕНУ** *Жәдігөйлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘДІГӨЙЛІК** зат. *Жәдігөйлікке салынушылық.*

**ЖӘДІГӨЙСУ** *Жәдігөйсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘДІГӨЙСІ=** ет. сөйл. *Жадыгөй болу.*

**ЖӘДІГӨЙСІН=** ет. сөйл. ***Жадыгөйсін.***

**ЖӘДІГӨЙСІНУ** *Жәдігөйсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘДІКЕШ** сын. жерг. *Ұғымтал, жадына сақтағыш.*

**ЖӘЗИРА** зат. сөйл. ***Жазира.***

**ЖӘЗИРАЛЫ** сын. сөйл. ***Жазиралы.***

**ЖӘЗІР** [ар. ] зат. *Жәбір-жапа, азап.*

**ЖӘЙ**[1] зат. сөйл. ***Жай** (жасыл, найзағай).*

**Жәй түскендей**. *Аяқ астынан болған жағдайдан кенет қатты әсерлену.*

**ЖӘЙ**[2] зат. сөйл. **1.** ***Жай** (жағдай, жайт).* **2.** ауыс. *Жай (сәт, қалып-күй).* **3.** *Мән-жай.*

**ЖӘЙ**[3] зат. сөйл. ***Жай** (орын).*

**ЖӘЙ**[4] сын. сөйл. ***Жай** (қарапайым, жұпыны).*

**ЖӘЙ**[5] үст. сөйл. **1.** ***Жай** (ақырын, баяу).* **2.** *Жай (құр бекер, әшейін ғана).* **3.** сөйл. *Тек, тыныш, жайымен.*

**ЖӘЙ**[6]**=** ет. сөйл. ***Жай** (ашу, керу, жазу).*

**ЖӘЙБАҒЫСТА=** ет. жерг. *Жайғастыру, жайластыру, орналастыру.*

**ЖӘЙБАҒЫСТАУ** жерг. *Жайбағыста етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘЙБАҒЫСТЫР=** ет. жерг. *Жайғастыру, орналастыру.*

**ЖӘЙБАҒЫСТЫРУ** *Жәйбағыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘЙБАРАҚАТ** үст. сөйл. ***Жайбарақат.***

**ЖӘЙБАРАҚАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Жайбарақаттық.***

**ЖӘЙБАСАР** сын. сөйл. ***Жайбасар.***

**ЖӘЙДАН-ЖӘЙ** үст. сөйл. ***Жайдан-жай.***

**ЖӘЙДАРЫ** сын. сөйл. ***Жайдары.***

**ЖӘЙ-ЖАҒДАЙ** зат. сөйл. ***Жай-жағдай.***

**ЖӘЙ-ЖАПСАР** зат. сөйл. ***Жай-жапсар.***

**ЖӘЙ-ЖОСЫҚ** зат. сөйл. ***Жай-жосық** (жөн-жосық).*

**ЖӘЙ-КҮЙ** зат. сөйл. ***Жай-күй.***

**ЖӘЙҚОҢЫР** сын. сөйл. ***Жайқоңыр.***

**ЖӘЙЛА=** ет. сөйл. **1.** ***Жайла.*** **2.** *Кіріп алу, билеп алу.*

**ЖӘЙЛАН=** ет. сөйл. ***Жайлан.***

**ЖӘЙЛАНУ** *Жәйлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘЙЛАТ=** ет. *Реттету, ыңғайын келтірту.*

**ЖӘЙЛАТУ** *Жәйлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘЙЛІ**[1] сын. сөйл. ***Жайлы** (ыңғайлы, қолайлы).*

**ЖӘЙЛІ**[2] шыл. сөйл. ***Жайлы** (туралы).*

**ЖӘЙМА** зат. жерг. *Дастарқан.*

**ЖӘЙМА-ШУАҚ** сын. сөйл. ***Жайма-шуақ.***

**ЖӘЙПА=** ет. сөйл. ***Жайпа.***

**ЖӘЙПАҚ** сын. сөйл. ***Жайпақ.***

**ЖӘЙСІЗ** сын. сөйл. ***Жайсыз.***

**ЖӘЙСІЗДЕУ** сын. сөйл. ***Жайсыздау.***

**ЖӘЙТ** зат. сөйл. ***Жайт.***

**ЖӘЙТ-КҮЙІТ** зат. сөйл. *Жай-жағдай, жай-күй.*

**ЖӘЙУАТ** үст. сөйл. ***Жайуат** (бейсауат).*

**ЖӘЙША** үст. сөйл. ***Жайша.***

**ЖӘЙІЛ=** ет. сөйл. ***Жайыл.***

**ЖӘЙІН** үст. сөйл. *Жай, тек.*

**ЖӘЙІТ** зат. сөйл. ***Жайт.***

**ЖӘКЕ** зат. **1.** *Әке, көке деп құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** жерг. *Қайнаға.*

**ЖӘКЕЖАН** зат. экспр. ***Жәкетай.***

**ЖӘКЕНШІ** зат. жерг. **1.** *Жәрдемші.* **2.** *Екі адамды бітістіруші, келістіруші.*

**ЖӘКЕТАЙ** зат. экспр. *Жәке сөзінің құрметтеу, жалыну мәнінде айтылатын тұлғасы.*

**ЖӘКИ** шыл. сөйл. ***Яки.***

**ЖӘКІР** зат. сөйл. ***Зәкір** (якорь).*

**ЖӘЛӘПТЫҚ** зат. *Алдамшылық, сұрқиялық.*

**ЖӘЛДАП** зат. сөйл. ***Жалдап** (жылпос, құ).*

**ЖӘЛДАПТЫҚ** зат. сөйл. ***Жалдаптық.***

**ЖӘЛДЕ=** ет. жерг. *Аяу, есіркеу, мүсіркеу.*

**ЖӘЛЕП** [ар. جلاب ] сын. **1.** *Алдамшы, құ, сұм, сұрқия.* **2.** ауыс. *Жүргіш, жезөкше, бұзылған (әйел).*

**ЖӘЛИЛ** зат. діни. *Ұлы, ұлық.*

**ЖӘЛЛАП** зат. сөйл. ***Жалдап.***

**ЖӘЛЛӘП** зат. сөйл. ***Жалдап.***

**ЖӘЛІБ=** ет. ескікіт. *Алу, қабылдау.*

**ЖӘЛІШ** зат. жерг. *Бұрын егін еккен жерге шығатын мал жейтін шөп.*

**ЖӘЛСӘ** зат. діни. *Намазда екі сәжде арасында бір мезет әрекетсіз отыру.*

**ЖӘМ: жәм ету.** а) *Біріктіру, бір араға келтіру.* ә) діни. *Екінді намазын бесін намазымен, құптан намазын ақшам намазымен бірлестіріп оқу дегенді білдіреді.*

**ЖӘМАҒАЙЫН** зат. сөйл. ***Жамағайын.***

**ЖӘМӘЖӘ: жәмәжа десті.** жерг. *Сөз байласты.*

**ЖӘМБІ** зат. жерг. *Қолға су құйғанда қойылатын ыдыс.*

**ЖӘМБІЛШЕ** зат. *Ерте пісетін кішірек, домалақ қауын.*

**ЖӘМҒАТЫ** зат. сөйл. ***Жамағат.***

**ЖӘМҒИӘТ** зат. ескі. сөйл. ***Жамағат.***

**ЖӘМҒИЯТ** зат. ескі. сөйл. ***Жамағат.***

**ЖӘМИ** зат. *Барлық, бүкіл, барша.*

**ЖӘМИҒАТ** зат. сөйл. ***Жамағат.***

**ЖӘМКЕ** зат. жерг. *Шымшуыр, қысқаш.*

**ЖӘМПАНДА=** ет. сөйл. ***Жампаңдау.***

**ЖӘМПАҢДАУ** *Жәмпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМПЕЙ** сын. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сырлас. // Ауыз жаласқан, таныс (адам).*

**ЖӘМПЕЙЛЕ=** ет. *Жағалау, иектеу; айналдыру.*

**ЖӘМПЕЙЛЕС=** ет. *Ауызжаласу, әкей-үкей болысу.*

**ЖӘМПЕЙЛЕСТІК** зат. *Ым-жымы бір болушылық, ауызжаласқандық.*

**ЖӘМПЕЙЛЕСУ** *Жемпейлес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМПЕЙЛЕУ** *Жәмпейле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМПЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Жампаңдау** (жағымсу).*

**ЖӘМПЕҢДЕС=** ет. *Ауызжаласу, үйір болысу.*

**ЖӘМПЕҢДЕУ** сөйл. *Жәмпеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМПИ=** ет. сөйл. *Тәмпию, аласару.*

**ЖӘМПИЮ** *Жәмпи етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМПІЛДЕ=** ет. сөйл. *Жампаңдау, жағымсу.*

**ЖӘМПІЛДЕС=** ет. сөйл. ***Жампаңдасу.***

**ЖӘМПІЛДЕСУ** *Жәмпілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘМШЕ** зат. жерг. *Домалақ, қабығы жұқа, жол-жол сары, іші қызыл, ерте пісетін қауын.*

**ЖӘМШИТ**[1] [ир. جمشيد ]. зат. **1.** миф. *Нұрлы патша.* **2.** *Парсы шаһының аты (Күн айнасы деген мағынада).*

**ЖӘМШИТ**[2] зат. өс. ***Самшит** (баяу, ұзақ уақыт өсетін мәңгі жасыл бұта).*

**ЖӘМШІ** зат. көне. *Жабу, жапқыш, жамылыш.*

**ЖӘМШІК** [ор. ямщик] зат. **1.** *Пошта, жүк, жолаушы таситын арба.* **2.** *Көшір, арба айдаушы, делбеші.*

**Жәмшік тарту.** жерг. *Жүк тарту.*

**ЖӘМШІКТІК** зат. *Жәмшік атын айдаушылық, көшірлік, делбешілік.*

**ЖӘМІГ** зат. *Жиыны, қосындысы.*

**ЖӘМІРЕ=** ет. сөйл. ***Жапыраю.***

**ЖӘМІШ** зат. *Жұмсақ, жұқа келген, жасанды тері.*

**ЖӘМШСЫМ** зат. кен. *Диаметрі 5 мм-ден 10 мм-ге дейін, көлденең қимасы дөңгелек болатын ыстықтай созылған сым.*

**ЖӘНӘБЛӘР** зат. ескікіт. *Мәртебелі (адам).*

**ЖӘНӘУІТ** зат. жерг. *Қатты қара ағаш.*

**ЖӘНДӘКҮЛ** зат. жерг. *Ұстара салатын қын.*

**ЖӘНДЕМ** зат. сөйл. ***Жаһаннам.***

**ЖӘНДІК** зат. **1.** *Бақа-шаян, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлердің жалпы атауы.* **2.** зоол. <лат. insecta> *Буынаяқтылар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы.* **Жәндік талшығы.** *Жәндік қалдықтары.*

**ЖӘНДІКЖОЙҒЫЛАР** зат. <лат. pestis – жұқпалы індет, caeolere – өлтіру> *Зиянды жәндіктерді жоюға арналған пестицидтер.*

**ЖӘНДІКТЕЙ** сын. *Жәндік тәрізді.*

**ЖӘНДІКШЕ** зат. *Өте кішкене жәндік.*

**ЖӘНЕ** шыл. *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.*

**ЖӘНЕН** зат. жерг. *Үлкен кесе.*

**ЖӘНЖІЛ** зат. жерг. *Есікке құлып салатын темір.*

**ЖӘННАМ** зат. сөйл. ***Жаһаннам.***

**ЖӘННАТ** зат. сөйл. ***Жаннат**; діни ұғым бойынша о дүниеде күнәдан таза адамдардың баратын орны (жұмақ, пейіш). [Жәннат – бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. Жәннатты Ридуан бастаған періштелер күзетеді].*

**ЖӘННАТТАЙ** сын. сөйл. ***Жаннаттай.***

**ЖӘННӘТ** зат. сөйл. ***Жаннат.***

**ЖӘННӘТИ** сын. *Жаннаттық, жұмақтық.*

**ЖӘННЕМ** зат. ***Жаннам.***
**ЖӘННЕТ** зат. сөйл. ***Жаннат.***
**ЖӘНУР** зат. *Жан иесі деген мағынада.*
**ЖӘНШІЛ** зат. жерг. *Ілгек, құрмек.*
**ЖӘҢЕРЕКТЕ** үст. сөйл. ***Жаңаракта.***
**ЖӘП**: **жәп ете қалды**. *Тез араласа кетті, іліп әкетті.*
**ЖӘПЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Жапақта.***
**ЖӘПЕКТЕТ=** ет. ***Жапақтат.***
**ЖӘПЕКТЕС=** ет. сөйл. ***Жәпілдес.***
**ЖӘПЕЛДЕС** сын. жерг. *Аласа, тапал; тәпелтек.*
**ЖӘПЕШКЕ** зат. жерг. *Майға пісірілген нан; шелпек.*
**ЖӘППЕҢДЕС=** ет. сөйл. *Жампаңдасу, жәмпеңдесу.*
**ЖӘПІЛДЕ=** ет. *Ерні-ерніне жұқпай сөйлеу, жәп-жәп ету.*
**ЖӘПІЛДЕС=** ет. *Жәмпеңдесу, жыпылдасу.*
**ЖӘПІЛДЕСУ** *Жәпілдес етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘПІЛДЕУ** *Жәпілде етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘПІРЕЙ=** ет. сөйл. ***Жапыраю.***
**ЖӘПІРЕЙТ=** ет. сөйл. ***Жапырайт.***
**ЖӘПІРЕЙТУ** *Жәпірейт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘПІРЕЙІЛ=** ет. сөйл. ***Жапыраю.***
**ЖӘРАЙДЫ** мод. сөйл. ***Жарайды.***
**ЖӘРӘЙДІ** мод. сөйл. ***Жарайды.***
**ЖӘРӘНДІК** зат. жерг. *Арбаның қалқаны, сатысы.*
**ЖӘРБИ=** ет. сөйл. ***Жарби.***
**ЖӘРДЕМ** зат. **1.** *Көмек, септік, қолғабыс.* **2.** *Ақшалай, заттай, малдай жиналатын қаржы, қаражат.* **3.** әлеум. *Мүгедектер мен зейнеткерлерге үкімет тарапынан берілетін ақшалай көмек, қаражат; зейнетақы.*
**Жәрдем ақша**. әлеум. *Еңбек, соғыс мүгедектеріне үкімет тарапынан берілетін ақшалай көмек.* **Жәрдем берді**. *Көмектесті, жәрдем етті.* **Жәрдем бөлімі.** әлеум. *Әлеуметтік жәрдем беретін және қамсыздандыру ісін басқаратын мекеме.* **Жәрдем етті [жасады, қылды]**. *Көмек берді, қолғабысын тигізді.* **Жәрдем жәмғияттары.** *Жамағаттарға көрсетілетін жәрдем, көмек.* **Жәрдем көрсетті.** *Көмек берді, жәрдемін тигізді.* **Жәрдем [көмек] сұрады.** *Жәрдемдесуін қалады, өтінді.* **Жәрдемі тиді.** *Көмегі болды, болысты.* **Жәрдем ұйымы.** тар. *1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында құрылған қазақ тарихындағы алғашқы жәрдем қоры.*
**ЖӘРДЕМАҚЫ** зат. әлеум. *Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың бір түрі, қаржылай көмек.*
**ЖӘРДЕМДЕС=** ет. *Көмектесу, болысу, қолғабыс тигізу.*
**Жәрдемдес болды.** *Жәрдем етті, көмек көрсетті.*
**ЖӘРДЕМДЕСУ** *Жәрдемдес етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРДЕМПҰЛ** зат. жерг. *Мұқтаж адамдарға берілетін қарыз ақша.*
**ЖӘРДЕМҚАРЖЫ** зат. экон. <лат. dotatio> *Мемлекеттік бюджеттен залалды өтеуге берілетін қаржы.*
**ЖӘРДЕМСІЗ** сын. *Қолғабыссыз, көмексіз.*
**ЖӘРДЕМШІ** зат. **1.** *Көмек көрсетуші, болысушы, қолғабыс тигізуші.* **2.** *Оқытушының аспиранттары немесе курсты өте жақсы меңгерген студенттері арасынан шыққан көмекшісі.*
**ЖӘРДЕМШІЛ** сын. *Көмектесетін, қолғабыс тигізетін, көмектескіш (адам).*
**ЖӘРДЕМШІЛІК** зат. *Көмекшілік, болысушылық, қолғабыс тигізушілік.*
**ЖӘРЕКІМАЛЛА** [ар. جارکم‌الله] од. **1.** діни. *Мұсылмандық әдеп бойынша, түшкірген адамның «Әлхамдулилла» деп Аллаға айтқан мадағына «Алланың рақымы тисін» деген тілек мағынасындағы жауап сөз.* **2.** сөйл. *«Мақұл, жарайды» деген мағынадағы құптау сөз.*
**ЖӘРЕНДІК** зат. жерг. *Арбаның қалқаны, сатысы.*
**ЖӘРЕУКЕ** сын. жерг. ***Жәркелеш.*** // *Жарамсақ, жағымпаз сөз.*
**ЖӘРЕУКЕЛЕН=** ет. жерг. ***Жәркелештен.***
**ЖӘРЕУКЕЛЕНГІШ** сын. *Жағымпаз, жақсы көрінуге әрекеттенгіш.*
**ЖӘРЕУКЕЛЕНУ** *Жәреукелен етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРЕУКЕЛІ** сын. ***Жағынғыш.***
**ЖӘРКЕЛЕНШІ** зат. жерг. *Кез келгенге жағымпазданушы, көрінгенге жалынушы.*
**ЖӘРКЕЛЕШ** сын. *Жарамсақ, жағымпаз; жәреуке.*
**ЖӘРКЕЛЕШТЕН=** ет. *Жағымпаздану, жарамсақтану.*
**ЖӘРКЕЛЕШТЕНУ** *Жәркелештен етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРКЕМДЕ=** ет. **1.** ***Жәукемде*** *(істі тез тындыру, әп-сәтте бітірту, еңсеру).* **2.** *Малды сойып, етін тез бұзу, жіліктеу.*
**ЖӘРКЕМДЕУ** *Жәркемде етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРКЕУ** зат. кәс. *Балық аулауға рұқсат етілетін мезгіл.*
**ЖӘРКЕШ** зат. *Дөңбек ағаш, жаңғырық.*
**ЖӘРКЕШТЕН=** ет. *Жарамсақтану, жағымпаздану.*
**ЖӘРКІШЕК** сын. сөйл. ***Жарқышақ.***
**ЖӘРМЕҢКЕ** [нем. Iahrmarkt] зат. **1.** *Жылда белгілі бір жерде, белгілі уақытта болатын сауда базары.* **2.** ауыс. *Ойын-сауық, той-думан.* **3.** ауыс. *Айқай-шу, азан-қазан, у-шу.*
**Жәрмеңке думаншылары**. *Жәрмеңкелерде халықтың көңілін көтеру, қабілеттерін паш ету мақсатымен ойын-сауық көрсетуші өнерпаздар.* **Жәрмеңке кешендері.** *Жәрмеңкеге қажетті жабдықтар, құрылымдар жиынтығы.*
**ЖӘРМЕҢКЕДЕЙ** сын. *Жәрмеңке сияқты.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛЕ=** ет. *Жәрмеңкеге бару, сауда жасау.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛЕТ=** ет. **1.** *Бір жәрмеңкеден екінші жәрмеңкеге бару, сауда-саттық жасау.* **2.** ауыс. *Ойнап-күлу, думандату.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛЕТУ** *Жәрмеңкелет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛЕУ** *Жәрмеңкеле етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛІ** сын. **1.** *Жәрмеңкесі бар, базарлы.* **2.** ауыс. *Той-думанды, қызықты.* **3.** ауыс. *Азан-қазан, у-шулы.*
**ЖӘРМЕҢКЕЛІК** сын. *Жәрмеңкеге тән, жәрмеңкеге қатысты.*
**ЖӘРМЕҢКЕШІ** зат. *Жәрмеңкеге барушы, жәрмеңкеде болушы; базаршы.*
**ЖӘРМЕС** сын. сөйл. ***Жарымес.***
**ЖӘРНЕК** зат. *Темір бөшкеден жасалған қазандық.*
**ЖӘРТЕҢДЕ=** ет. *Жағымпаздану, жарамсақтану.*
**ЖӘСІР** зат. ***Тұтқын.***
**ЖӘТДЕРЕК** зат. *Есте (жадта) сақталған мәлімет (дерек).*
**ЖӘУАНМӘРТ** [ир. جوانمرد] сын. *Ізгі, жақсы, кең пейілді.*
**ЖӘУДІР**: **жәудір көз**. *Жаудыраған, мөлдіреген көз.*
**ЖӘУДІРЕ=** ет. сөйл. ***Жаудыра.***
**ЖӘУДІРЕС=** ет. сөйл. ***Жаудырас.***
**ЖӘУДІРЕСУ** *Жәудірес етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУДІРЕТ=** ет. сөйл. ***Жаудырат.***
**ЖӘУДІРЕТУ** *Жәудірет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУЕТТЕ=** ет. жерг. *Шенеу, тергеу, тексеру.*
**ЖӘУЕТТЕУ** *Жәуетте етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУКЕ** зат. көне. *Ерте кезде жорықтарда әскерлердің алды-артын күзетіп жүретін топтың басшысы.*
**ЖӘУКЕМ** зат. *Илеу, қыспақ, қысым.*
**Жәукемге алды**. *Қыспаққа алды, қысты.* **Жәукемін шығарды**. *Әп-сәтте бітірді, тасталқан етті.*
**ЖӘУКЕМДЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсені тез тындыру, әп-сәтте бітіру, апырып-жапырып істеу, еңсеру.* **2.** *Малды сойып, етін тез бұзып, жіліктеу.* **3.** *Жеу.* **4.** ауыс. *Алып ұру, тырп еткізбеу.*
**ЖӘУКЕМДЕС=** ет. *Апыр-топыр болысу, алай-дүлей етісу.*
**ЖӘУКЕМДЕСУ** *Жәукемдес етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУКЕМДЕУ** *Жәукемде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені тез тындыру, істеу, еңсеру.* **2.** *Малды сойып, етін тез бұзу, жіліктеу.*
**ЖӘУКЕН**: **жәукен алғыр.** қарғ. *Жау алғыр, құрғыр.*
**ЖӘУМЕШТЕ=** ет. жерг. *Әңгімеге, сөзге айналдыру, мыжып көп сөйлеу.*
**ЖӘУМЕШТЕУ** *Жәумеште етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУМІТ** жерг. ***Саф.***
**ЖӘУТЕҢ: жәутең қақты.** *Жаутаң-жаутаң қарады.*
**ЖӘУ**: **көздің жәуі.** сөйл. *Көздің жауы.*
**ЖӘУТЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Жаутаңда.***
**ЖӘУТЕҢДЕТ=** ет. сөйл. ***Жаутаңдат.***
**ЖӘУТЕҢДЕТУ** *Жәутеңдет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУТЕҢ-ЖӘУТЕҢ** үст. сөйл. ***Жаутаң-жаутаң.***
**ЖӘУТЕҢКӨЗ** сын. ***Жаутаңкөз.***
**ЖӘУТІК** сын. **1.** *Нашар, қолынан ештеңе келмейтін.* **2.** *Жаман-жәутік қос сөзінің екінші сыңары.*
**ЖӘУТІЛДЕ=** ет. жерг. *Жаудырау.*
**ЖӘУТІЛДЕУ** *Жәутілде етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӘУҺАР** зат. сөйл. ***Гауһар, жауһар.***
**ЖӘУҺӘР** зат. сөйл. ***Гауһар, жауһар.***
**ЖӘҺАННАМ** зат. сөйл. ***Жаһаннам.***
**ЖӘҺАНКЕЗДІК** зат. сөйл. ***Жиһанкездік.***
**ЖӘҺАТ** зат. сөйл. ***Ыждағат.***
**ЖӘҺӘН** зат. сөйл. ***Жаһан.***
**ЖӘҺӘННАМ** зат. сөйл. ***Жаһаннам.***
**ЖӘҺӘТ** зат. ***Жәһат.***
**ЖӘҺИЛ** зат. ***Жаһіл.***
**ЖӘҺИЛИЯ: жәһилия дәуірі.** [ар. جاهلية ] *Пұтқа табынушылық дәуірі, исламға дейінгі және араб тұрғындарының Мұхаммед келгенге дейінгі кезең.*
**ЖӘҺИТШІЛ** сын. ***Ыждағатты.***
**ЖӘҺІЛ** сын. сөйл. ***Жаһіл.***
**ЖӘҺІЛДІК** зат. сөйл. ***Жаһілдік.***
**ЖӘҺІД: жәһід қылды.** *Ниет етті, ықылас қойды, ұмтылды.*
**ЖӘФАТ** зат. *Жұп, зайып, қосақ, жұбай.*
**ЖӘШЕЙКЕ** [ор. ячейка] зат. сөйл. *Бастауыш ұйым, ұя.*
**ЖӘШЛЕ** зат. жерг. **1.** *Атқа шөп салатын жер, оттық, ақыр.* **2.** *Астық құю үшін үй ішінде кірпішпен өріп жасаған жер.*
**ЖӘШМӘР** зат. жерг. *Тырмамен жиналған шөп үйіндісі.*
**ЖӘШІК** [ор. ящик] зат. *Түрлі зат салуға арнап, тақтай я басқа заттан жасалатын төрт бұрышты ыдыс.*
**Жәшік арба**. жерг. *Астық таситын арба.*

**ЖӘШІК-ЖӘШІК** сын. *Бірнеше жәшік, көп, мол.*

**ЖӘШІКТЕ=** ет. *Бірдемені жәшікке салу. // Жәшік бойынша, жәшікпен.*

**ЖӘШІКТЕЙ** сын. *Жәшік тәрізді.*

**ЖӘШІКТЕУ** *Жәшікте етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӘШІКТІ** сын. *Жәшігі бар, жәшік тиеген.*

**Жәшікті арба**. жерг. *Астық тасуға арналған жәшігі бар арба.*

**ЖӘШІКШЕ** зат. *Кішкентай жәшік.*

**ЖӘШІЛА** зат. жерг. *Қыс айларында қорадағы малға жем, шөп салатын орын, аула.*

**ЖӘШІМ** [парсы ]зат. *Бұлақ, бастау.*

**ЖДАҒАТ** зат. сөйл. ***Ыждағат.***

**ЖДАҺАТ** зат. сөйл. ***Ыждағат.***

**ЖЕ=** ет. **1.** *Тамақтану, қоректену, ауқаттану.* **2.** *Жеп қою, қылғыту.* **3.** *Шірітіп жіберу, тот басу, бүлдіру, бұзу.* **4.** ауыс. *Алдау, арбау, еңбегін пайдалану, пайда түсіру.* **5.** ауыс. *Іштей күйзелу, өзін-өзі қажау.*

**Жегенің ас болмағыр!** қарғ. *Жеген асың бойыңа тарамасын.***Жегенің желкеңнен шықсын!** қарғ. *Алғаның бұйырмасын, сіңбесін!***Жеп жібере жаздады.** *Тесіле қарады, ала көзбен атты.* **Жеп жіберердей**. *Алая қарады, тесіле қарады.* **Жегені желке, ішкені ірің болды.** *Көргені қорлық, өмірі өксіген деген мағынада.* **Жегенін желкесінен сықты.** *Ішкен асын бойына сіңірмей, сазайын берді.* **Жегені желкесінен шықты.** *Алғаны бұйырмады.* **Жеп қоя жаздады.** *Қатты ашуланды, қолды-аяққа тұрғызбай ұрысты.*

**ЖЕБЕ**[1] зат. **1.** *Садақ оғының ұшы.* **2.** *Садақтың оғы.* **3.** ауыс. *Бірдеменің сүйір ұшы.*

**Жебе салды.** *Садақты оқтады.* **Жебесі көбе бұзды.** *Жебе көбеден өтті, көбені сөкті.*

**ЖЕБЕ**[2] зат. жерг. *Тосқауыл.*

**ЖЕБЕ**[3] зат. жерг. *Қармақтың бір түрі.*

**ЖЕБЕ**[4] зат. жерг. *Сым темірден жасаған істік, қоршау.*

**ЖЕБЕ=** ет. *Демеу, таяныш болу, қолдау.*

**ЖЕБЕҒАБЫЛ** сын. ***Жедеғабыл.***

**ЖЕБЕДЕЙ** сын. *Жебе сияқты.*

**Жебедей жерге енгізді.** *Жер-жебіріне жетті, тілдеді, бетін қайтарды.* **Жебедей жерге кірді.** *Амалы құрыды, лажы таусылды.*

**ЖЕБЕЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. sagittaria> *Жапырағы жебе тәрізді, суда немесе батпақты жерде өсетін кербезгүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЕБЕЙ**: **жебей басты**. *Тез-тез басты, асығыс, ентелей жүрді.* **Жебей сауды.** а) *Жиілете, әлсін-әлі сауды.* ә) жерг. *Қойдың қозысын емізбей, екінші рет сауды.* б) *Қанады, сүліктей сорды.* **Жебей сөйледі**. *Шапшаң, тез-тез сөйледі.*

**ЖЕБЕЙ-ЖЕБЕЙ** үст. *Жиілете, тездете.*

**ЖЕБЕЙЛЕС** сын. жерг. *Қатарлас, теңдес.*

**ЖЕБЕҚАБЫЛ** үст. жерг. ***Жедеғабыл.***

**ЖЕБЕЛЕ=** ет. *Тездету, шапшаңдату.*

**Жебелей басты.** *Ентелей аяңдады, аяғын тез-тез басты.*

**ЖЕБЕЛЕК** зат. *Түйенің қара-қоңыр шудасы.*

**ЖЕБЕЛЕН=** ет. *Ұшы сүйірлену, ұшкірлену.*

**ЖЕБЕЛЕНУ** *Жебелену етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕБЕЛЕТ=** ет. *Тездету, шапшаңдату.*

**ЖЕБЕЛЕТУ** *Жебелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕБЕЛЕУ** *Жебеле етістігінің қимыл атауы; жиі-жиі сауу.*

**ЖЕБЕЛЕУШІ** зат. *Асықтырушы.*

**ЖЕБЕЛІ** сын. *Жебесі бар, ұшы ұшкірленген.*

**Жебелі мұрт.** стиль. *Мұртының ұшы сүйір (адам).* **Жебелі найза.** этн. *Түйрейтін ұшы ұшкір темірден жасалған найза.*

**ЖЕБЕЛІК** зат. **1.** *Бір нәрсенің ұшы.* **2.** *Өткірлік, ұшкірлік.*

**Жебелік пернелер.** инф. <ағыл. arrow keys> *Меңзерді оңға, солға, жоғары, төмен жылжытуға арналған пернелер.*

**ЖЕБЕЛІРЕК** сын. *Ұшкірлеу.*

**ЖЕБЕҢГЕР** сын. жерг. *Қолайлы, қолды-аяқты.*

**ЖЕБЕП-ДЕМЕ=** ет. *Қолдау, қуаттап, қолпаштау.*

**ЖЕБЕП-ЖЕЛЕ=** ет. *Қолдау, қуаттау, демеу.*

**ЖЕБЕП-ЖЕЛЕУ** *Жебеп-желе етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕБЕТҮЙНЕК** зат. өс. <лат. aponogeton distachyus> *Оңтүстік Американың баяу ағатын және тоқтау суларында тараған, аквариумда грунт ретінде органикалық заттың көбірек болуын қалайтын өсімдік.*

**ЖЕБЕУ** *Жебе етістігінің қимыл атауы; қолдау, қуаттау.*

**Жебеу етті.** *Сылтауратты, тілге тиек етті, арқау етті, негізге алды.*

**ЖЕБЕУШІ** зат. **1.** *Қолдаушы, қуаттаушы, жарылқаушы.* **2.** *Демеуші, көмектесуші.*

**ЖЕБЕШЕ** үст. *Жебеге ұқсап, жебе сияқты.*

**ЖЕБУ** зат. *Малды қайтара сауу әдісі.*

**ЖЕБІЛГЕН** зат. өс. *Шашақты, гүлі ұқі тәріздес көпжылдық өсімдік.*

**ЖЕБІНДІ** зат. *Қайталап сауып алынған сүт.*

**ЖЕБІР**[1] зат. бот. <лат. thymus> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын жатаған сабақты, қарама-қарсы жапырақты, хош иісті шала бұта.*

**Жебір лизосома.** биол. <лат. autophagosoma> *Құрамында қызметін тоқтатып істен шыққан жасуша органеллалары, гликоген гранулалары және т. б. қалдық денешіктер болатын лизосома.*

**ЖЕБІР**[2] зат. вет. *Мал азығында ас тұзы, витаминдер жетіспеуінен болатын ауру; індет.*

**ЖЕБІР**[3] сын. **1.** *Не болса соны талғамай жейтін, жемқор; жұтқыш.* **2.** ауыс. *Парақор, дүниеқор, озбыр.*

**Жебір қара нар.** *Не болса соны талғамай жейтін, араны ашылып кеткен мықты, күшті түйе.* **Жебірін түгендеді.** жерг. *Қысым көрсетті, жазасын берді.*

**ЖЕБІРДЕЙ** сын. *Жебір сияқты, жебір тәрізді.*

**ЖЕБІРЕЙ** зат. сөйл. ***Еврей.***

**ЖЕБІРЕЙІЛ** [ар. جبرائل ] зат. діни. *Адамзат пен Алланың арасын байланыстырып тұратын ұлы періште, Аллаға жақын төрт періштенің бірі.*

**ЖЕБІРЕЙІЛДЕЙ** сын. *Жебірейіл сияқты, жебірейіл тәрізді.*

**ЖЕБІР-ЖЕСІР** зат. *Кедей-кепшік, аш-арық.*

**ЖЕБІРЛЕН=** ет. *Обырлану, жеп қою.*

**ЖЕБІРЛЕНУ** *Жебірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕБІРЛІК** зат. **1.** *Не болса соны талғамай жеушілік, қомағайлық.* **2.** ауыс. *Обырлық, озбырлық, жемқорлық.*

**ЖЕБІРШЕ** үст. *Жебір сияқты, жебірге ұқсап.*

**ЖЕГДЕ** зат. сөйл. ***Жейде*** *(ерлердің алды ашық көйлегі).*

**ЖЕГЕЛЕК** зат. *Қауынның кішкене түрі.*

**ЖЕГЕНЕ** [ар. يگانه ] сын. жерг. *Жалғыз, дара, жалқы.*

**ЖЕГЕНЕЛЕ=** ет. *Жекелеу, даралау.*

**ЖЕГЕНЕЛЕУ** *Жегенеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕГЖАТ** зат. *Жамағайынды, құда-құдандалас адам.*

**ЖЕГЖАТ-ЖҰРАҒАТ** зат. *Туыс-ағайын, аталас, рулас.*

**ЖЕГЖАТ-ЖҰРАТ** зат. сөйл. ***Жегжат-жұрағат.***

**ЖЕГЖАТСЫМАҚ** сын. экспр. *Аздап жегжаттық қатысы бар.*

**ЖЕГЖАТТА=** ет. *Жегжат іздеу.*

**ЖЕГЖАТТАС=** ет. *Жегжат болу.*

**ЖЕГЖАТТАСУ** *Жегжаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕГЖАТТАУ** сын. *Жекжаттық жағынан жақынырақ.*

**ЖЕГЖАТТЫҚ** зат. *Жегжат болушылық.*

**ЖЕГЖАТШЫЛА=** ет. *Жегжатына бару, жегжатын іздеу.*

**ЖЕГЖАТШЫЛАУ** *Жегжатшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕГУ** *Жек етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлік малына арба, шана т.б. тіркеу.* **2.** ауыс. *Бір жұмысты міндеттеу, еңбегін пайдалану.*

**Жегу әбзелдері.** *Арбаны, шананы атқа т.б. көлікке жегу үшін қолданылатын әбзелдердің (қамыт, доға, ершік, белқайыс, делбе, бишік, шілия) жалпылама атауы.*

**ЖЕГУЛІ** сын. **1.** *Көлік жегілген (арба, шана т. б.).* **2.** ауыс. *Мойынсұнған, бәрін істеуге дайын.*

**ЖЕГІ** зат. **1.** мед. <грек. nome> *Дымқыл гангренаның жайылмалы түрі. Ағзаның қорғаныс күштерінің әлсіреуінен пайда болатын, көбінесе адамның бетінде, кейде құлақтың қалқан шеміршегінде, мойнында, жыныс мүшелерінде, т.б. пайда болады.* **2.** ауыс. *Жеп құртатын құрт; жалмауыз.*

**Жегі [жанын жегі] жеді.** *Уайымдады, қиналды, азаптанды, ішқұса болды.* **Жегі құрт.** *Жай көзге көрінбейтін құрт; микроб.* **Жегі құрт [құрттай] жеді.** *Қинады, азапқа салды.*

**ЖЕГІДЕЙ** үст. *Жегідей, жегі сияқты.*

**ЖЕГІЗ=** ет. *Ішіп-жем беру, тамақтандыру.*

**ЖЕГІЗУ** *Жегіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕГІЗІЛ=** ет. *Ішіп-жем берілу, тамақтандырылу.*

**ЖЕГІЗІЛУ** *Жегізіл етістігінің қимыл атауы; ішіп-жем бергізілу.*

**ЖЕГІЛ=** ет. **1.** *Көлік малына (арба, шана тіркелу.* **2.** ауыс. *Шектен тыс жұмыс істеу.*

**ЖЕГІЛМЕ** зат. спорт. *Атқа немесе көлікке (автомобиль, мотоцикл, катер) жегіліп шаңғышының тартылып жүруі.*

**ЖЕГІЛУ** *Жегіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлік малына (арба, шана) тіркелу.* **2.** ауыс. *Шектен тыс жұмыс істеу.*

**ЖЕГІН** зат. **1.** *Жегуге үйренген күш-көлік.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге үйреншікті; көнбіс, төзімді (адам).*

**Жегін түйе.** *Шаруашылыққа, арба жегуге, мініске, жүк артуға үйретілген түйе.*

**ЖЕГІНДЕЙ** сын. *Жегін сияқты, жегін тәрізді.*

**ЖЕГІНДІ** сын. *Жегуге үйретілген, көндіккен.*

**ЖЕГІНДІК** сын. *Көнбіс, төзімді; жегуге арналған, жегілетін.*

**ЖЕГІС** зат. *Арба, шанаға жегуге жарайтын күш-көлік.*

**ЖЕГІШ** сын. **1.** *Белгілі бір тағамды көп жейтін, жеуге құмар.* **2.** ауыс. *Біреуден алым алғыш, парақор.*

**ЖЕГІШТІК** зат. *Жей білушілік, жей алушылық қасиет.*

**ЖЕДДІ** [ир. جدى ] зат. *Желтоқсан айының арабша аты; жәдді.*

**ЖЕДЕҒАБЫЛ** үст. **1.** *Артынша, іле; тез, жедел.* **2.** *Жасы қатарлас, шамалас.*

**ЖЕДЕҒАБЫЛДАП** үст. *Тездетіп, жылдам.*

**ЖЕДЕҒАБЫЛДАТ=** ет. *Жылдамдату, тездету.*

**ЖЕДЕҒАБЫЛДАТУ** *Жедеғабылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕДЕҒАБЫЛДЫҚ** зат. *Асығыстық, шапшаңдық.*

**ЖЕДЕЛ** үст. *Тез, жылдам: асығыс, тығыз.*

**Жедел ақпарат.** а) *Ғылым мен техника саласындағы маңызды жаңалықтар туралы рефераттардың библиографиялық-мәліметтік жедел басылымы.* ә) инф. <ағыл. rapid information> *Орындалатын жұмыс процесі барысында тікелей пайдаланылатын және мүдделі тұлғаға тез арада жеткізілетін ақпарат.* **Жедел гастрит.** мед. *Көбіне дұрыс тамақтанбаудан болатын асқазан кілегей қабығының қабынуы.* **Жедел жад.** инф. <ағыл. operating storage> *Арифметикалық және логикалық операцияларды орындау кезінде командаларды, бастапқы мәліметтерді, аралық және ақырғы нәтижелерді уақытша сақтау үшін керек уақытша жад.* **Жедел жәрдем.** *Тез арада көрсетілетін медициналық көмек.* **Жедел жәрдем мәшинесі.** *Қолма-қол медициналық көмек көрсететін мәшине.* **Жедел көмек.** а) инф. <ағыл. on-line help, help> *Жұмыс істеу барысында пайдаланушыға жүйемен көрсетілетін көмек.* ә) мед. *Жедел жәрдем, тез берілетін дәрігерлік көмек.* **Жедел өңдеу.** инф. <ағыл. shortcut processing> *Мәліметтерді жүйеге келіп түсісімен, кідіріссіз өңдеу.* **Жедел өсіру.** биол. *Көкөністерді (ақжелкен, иістіжелкен, жуаның жасыл бөлігін), гүлдерді (раушан, бөртегүл, қалампыр, қызғалдақ), жидектерді (құлпынай, жүзім) қыс айларында жылыжайларда, көшетханаларда өсіру.* **Жедел пневмония.** мед. *Кенеттен басталып, дене қызуы 39–40°С-қа, кейде одан жоғары көтеріліп, науқас қалтырап, алғашқыда құрғақ жөтел, кейіннен қақырықты жөтел түрінде пайда болатын аурудың түрі.* **Жедел режім.** инф. <ағыл. foreground mode> *Ең жоғарғы басымдылыққа ие тапсырмаларды өңдеу режімі.* **Жедел сақтауыш құрылғы.** инф. < ағыл. Random Access Memory> а) *Ақпарат тек уақытша сақталатын сақтауыш құрылғы.* ә) *Әрекет шапшаңдығы орталық процессордың әрекет шапшаңдығымен шамалас программалық адрестелетін жад.* б) *Процессорда орындалып жатқан программалар мен оларға қажетті мәліметтерді сақтайтын компьютердің жедел жады.* **Жедел [мерзімдік] салым.** экон. *Банкілер және басқа да кредиттік мекемелердің бір жылдан кем емес мерзімге қабылдайтын жинағы.* **Жедел іздестіру қызметі.** заң. *Шұғыл түрде іздеу салу ісі.*

**ЖЕДЕЛДЕЙ** үст. *Тездете, шапшаңдата.*

**ЖЕДЕЛДЕН=** ет. *Жедел қимылдау, тездету.*

**ЖЕДЕЛДЕНУ** *Жеделден етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕДЕЛДЕС** сын. *Қатарлас, тетелес, өкшелес.*

**ЖЕДЕЛДЕС=** ет. *Бәстесу, ерегісу.*

**ЖЕДЕЛДЕТ=** ет. *Тездету, шапшаңдату, жылдамдату.*

**ЖЕДЕЛДЕТТІР=** ет. *Тездеттіру, шапшаңдаттыру, жылдамдаттыру.*

**ЖЕДЕЛДЕТТІРУ** *Жеделдеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕДЕЛДЕТУ** *Жеделдет етістігінің қимыл атауы; тездету, жылдамдату.*

**ЖЕДЕЛДЕТІЛ=** ет. *Жылдамдатылу, тездетілу.*

**ЖЕДЕЛДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Тездетіңкіреу, шапшаңдатыңқырау.*

**ЖЕДЕЛДЕТІҢКІРЕУ** *Жеделдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕДЕЛДЕУ** сын. *Тездеу, асығыстау, жылдамдау.*

**ЖЕДЕЛДІ** сын. көне. *Тетелес, тұстас.*

**ЖЕДЕЛДІК** зат. *Шапшаңдық, тездік, жылдамдық.*

**ЖЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ** үст. *Тез-тез, жылдам-жылдам.*

**ЖЕДЕЛСАТЫ** зат. *Көпқабатты үйлерде жоғары қабаттарға көтерілу үшін арнайы жасалған жылжымалы кабиналар; лифт.*

**ЖЕДЕЛСІЗ** сын. *Ұқыпты, тыңғылықты.*

**ЖЕДЕЛХАТ** зат. <грек. tele – алыс, gramma – жазба, жазу таңбасы> *Телеграф арқылы берілген хабар және хабар жазылған бланк, қағаз.*

**ЖЕДЕЛІРЕК** сын. *Шапшаңырақ, тезірек, жылдамырақ.*

**ЖЕДЕЛШІ** зат. *Тездетуші, жылдамдатушы.*

**ЖЕДЕЛШІЛ** сын. *Жылдамдатқыш, тездеткіш.*

**ЖЕДЕМЕЛ** сын. сөйл. ***Жедел.***

**ЖЕДЕМЕЛЕТ=** ет. *Тездету, жылдамдату.*

**ЖЕДЕШ** зат. этн. ойын. *Тобық жасыру сияқты ойынның аты; сүйек жасыру ойыны.*

**ЖЕДІ** зат. сөйл. ***Жедді*** *(желтоқсан айының арабша аты).*

**ЖЕЗ** зат. геол. <нем. Latun> **1.** *Алтын тәрізді сары түсті металл.* **2.** геол. *Құрамында 50%-ке дейін мырыш және басқа элементтер араласқан мыстың қорытпасы. // Жезден жасалған.* **3.** *Болыс, би, старшын т.б. лауазымын білдіру үшін омырауына тағып жүретін жезден жасалған я жез түстес белгі. // Оқ деген мағынада.* **5.** ауыс. *Арзан, құнсыз, бағасыз.* **6.** ауыс. *Сары түсті.*

**Жез аяқ.** *Қыдырымпаз, жүрдек.* **Жез бармақ.** *Шебер күйші.* **Жез бармақтай.** *Мың бұралған, майысқан.* **Жез бауырдақ.** *Жезбен безелген өрме қамшының алақаны.* **Жез бұйда.** *Түйенің жетек бұйда деп аталатын бас жібі.* **Жез бұйдалы.** *Әдемі, әсем бұйдасы бар.* **Жез жіп.** *Кесте тігуге пайдаланатын түрлі түсті жіңішке жылтырақ жіп.* **Жез иық.** *Оқалы иық (әскери адам туралы).* **Жез көз.** *Бүркіт көзінің түсі, алтын секілді сары түсті бүркіт көзінің түрі.* **Жез көмейлі.** *Ашық зор дауысты.* **Жез кірпік.** *Кірпігі тікірейген, өрімдей жас.* **Жез қармақтай майысқан [иілген].** *Ұзын, сұңғақ, тал шыбықтай.* **Жез қармақтай майысты [иілді].** *Икемді, бейімді болды.* **Жез мойын.** а) *Иілген ұзын мойын, әдемі мойын.* ә) *Ұзын, имек.* **Жез мұрт.** *Тікірейген сары мұртты (адам).* **Жез таңдай.** *Сыңғырлатып, ұзілдіріп ән айта білетін өнерпаз.* **Жез тірсек.** *Жүйрік атқа қатысты айтылады.* **Жез ыдыстар.** *Жылу өткізгіш металдан жасалған ыдыстар.*

**ЖЕЗАЙЫЛ** зат. *Мылтықтың бір түрі.*

**ЖЕЗАЙЫР** зат. көне. *Оқ деген мағынада.*

**ЖЕЗДЕ** зат. *Туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі.*

**ЖЕЗДЕ=** ет. сөйл. *Жез орау, жезбен әшекейлеу.*

**ЖЕЗДЕЙ**[1] зат. *Балдыздың жездесіне құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЖЕЗДЕЙ**[2] сын. *Жез сияқты, жез тәрізді.*

**ЖЕЗДЕКЕ** зат. *Жездесін сыйлау, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЖЕЗДЕЛЕ=** ет. сөйл. *Жезде-жезде деп қайта-қайта айту.*

**ЖЕЗДЕЛЕУ** *Жезделе етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЗДЕЛІК** зат. *Жезде болушылық, жақындық.*

**ЖЕЗДЕМСУ** *Жездемсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЗДЕМСІ=** ет. экспр. *Жезде болғансу.*

**ЖЕЗДЕМСІН=** ет. *Жезде болғансу.*

**ЖЕЗДЕМСІНУ** *Жездемсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЗДЕТ=** ет. *Жез жалату.*

**ЖЕЗДЕТУ** *Жездет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЗДІ** сын. *Жезі бар, жезбен көмкерілген, әшекейленген.*

**Жезді аспаптар оркестрі.** муз. *Ішегі мен шанағы жезден жасалған аспаптармен музыкалық шығарма орындайтын топ.*

**ЖЕЗКИІК** зат. поэт. *Сұлу, мүсінді киік.*

**ЖЕЗКИІКТЕЙ** сын. *Жезкиік сияқты, жезкиік тәрізді.*

**ЖЕЗКӨМЕЙ** сын. ***Жезтаңдай.***

**ЖЕЗҚАЗҒАНИТ** зат. кен. *Сульфидтер класына жататын минерал.*

**ЖЕЗҚАЙМАҚТАН=** ет. *Қаймақшу деген мағынада, жылтырау.*

**ЖЕЗҚАНАТ** сын. бейн. *Әдемі, сұлу қанат.*

**ЖЕЗҚОБЫЗ** зат. муз. *Ішегі немесе шанағы тұтас жезден жасалған қазақ халқының көне саз аспаптарының бірі.*

**ЖЕЗЛ** зат. кәс. *Поезд жүрісін реттеу үшін қолданылатын аспап.*

**ЖЕЗӨКШЕ** сын. *Жеңіл жүрісті, нәпсіқұмар (әйел).*

**ЖЕЗӨКШЕЛІК** зат. **1.** *Сайқалдық, әйелдің жеңіл мінезділігі.* **2.** <лат. prostitutio> *Әйелдің жеңіл жүріспен, тәнін сатуды күнкөріске айналдырушылығы.*

**ЖЕЗТАҢДАЙ** сын. *Суырыпсалма, шешен, әнші.*

**ЖЕЗТЕЛПЕК** зат. *Жаудың оғы не қылышы өтпес үшін жезден жасалған ертедегі батырлардың басына киетін киімі (каска, шлем).*

**ЖЕЗТҰЯҚ** зат. *Аушы құстардың аяғына аң терісінен әр саусаққа киілетін, білезікке бекітілген аяққап.*

**ЖЕЗТЫРНАҚ** зат. **1.** миф. *Ертегі, аңыздарда кездесетін тырнағы ұзын, өткір мақұлық.* **2.** ауыс. *Қанішер, жауыз.*

**ЖЕЗТЫРНАҚТАЙ** сын. *Жезтырнақ сияқты, жезтырнақ тәрізді.*

**ЖЕЗШЕ** сын. *Жезге ұқсас, жез сияқты.*

**ЖЕЗШІЛ** сын. *Жезге құмар.*

**ЖЕЙДЕ** зат. *Жұқа матадан тігілген, жеңі, жағасы бар ерлер киімі, көйлек.*

**ЖЕЙДЕ-ДАМБАЛ** зат. *Басты-басты іш киімдер; көйлек-дамбал.*

**ЖЕЙДЕ-ДАМБАЛШАҢ** үст. *Тек ішкі киімшең, көйлек-дамбалшаң.*

**ЖЕЙДЕДЕЙ** сын. *Жейде сияқты, жейде тәрізді.*

**ЖЕЙДЕЛІ** сын. *Жейдесі бар, жейде киген.*

**ЖЕЙДЕСІЗ** сын. **1.** *Жейдесі жоқ, жейде кимеген.* **2.** ауыс. *Тақыр кедей.*

**ЖЕЙДЕШЕ** зат. *Шағын жейде.*

**ЖЕЙДЕШЕҢ** үст. *Жалаң жейдемен, көйлекшең.*

**ЖЕК** зат. зоол. <лат. ofisundulata> *Дуадақ отрядына жататын дала құсы.*

**ЖЕК** зат. *Қамыт, мойын ағаш.*

**ЖЕК=** ет. **1.** *Жегін көліктің мойнына қамыт, мойынағаш кигізіп, арба, шана, соқа т.б. жетегіне тіркеу, қосу.* **2.** ауыс. *Бір жұмысты міндеттеу; күшін, еңбегін пайдалану.*

**ЖЕК**: **жек көрді.** *Бірдемені ұнатпады, жақтырмады.* **Жек көру.** а) *Ұнатпау, жақтырмау.* ә) псих. *Бір адамның өзге адамға қатысты ішкі сезімін білдіретін ұғым.*

**ЖЕКЕ** сын. **1.** *Дербес, өз алдына; бөлек.* **2.** *Өзіндік, өзіне тән.* **3.** *Оңаша.* **4.** *Дара, жалғыз.*

**Жеке адам.** қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы өзіндік дене-бітім, мінез-құлыққа ие тіршілік иесі; индивид.* **Жеке адамға табынушылық.** *Саяси басшының рөлін асыра бағалаудан туған ұжымдық басшылық принципіне қайшы көрініс.* **Жеке адамның кітапханасы.** инф. <ағыл. private library> а) *Көпшілік қатынас құруға жатпайтын кез келген кітапхана.* ә) *Тізбектік, бірақ каталогтандырылмаған тапсырмаларды пайдалануға жарамды кітапхана.* **Жеке айыптау.** *Адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жеке азаматтар тарапынан сотқа*

*шағым беру арқылы қозғалатын іс.* **Жеке ақпарат**. инф. <ағыл. private information> *Мемлекеттің азаматтары мен ұйымдары туралы олардың мүддесін қорғайтын ақпарат.* **Жеке армия.** әск. *Құрлықтағы әскерлердің жалпы әскери оперативтік бірлестігі.* **Жеке басқару аймағы.** инф. <ағыл. private management domain> *Электрондық поштада – телекоммуникациялық оператордың қатысуынсыз басқарылатын басқару аймағы.* **Жеке басты сақтандыру**. экон. *Сақтанушыға немесе басқа адамдарға сақтандыру сомасын төлеуді көздейтін ерікті сақтандыру түрі.* **Жеке басы.** *Бір өзі, жалғыз өзі, жеке өзіне қатысты.* **Жеке батыр.** көне. *Үлкен, дара шыққан батыр.* **Жеке дара.** *Үздік, озық, елден ерек.* **Жеке дәрі қобдишасы.** *Радиацияға, химияға, бактерияға қарсы медициналық және басқа да профилактикалық құралдар.* **Жеке емген.** *Дара өскен, жоқшылық, қиындық көрмеген.* **Жеке есептеу орталығы.** инф. <ағыл. private computer center> *Жеке кәсіпорынға, мекемеге қызмет ететін есептеу орталығы.* **Жеке жұрт.** *Өз алдына ел, тәуелсіз халық.* **Жеке зейнетақы шоты.** экон. *Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы алушының өзіндік атаулы шоты.* **Жеке зоотехния.** *Малшаруашылығының жеке салалары (сиыр, қой, шошқа, құс өсіру, т.б.) өркендетудің теориялық, практикалық мәселелерімен айналысатын сала.* **Жеке кәсіпкерлік.** экон. *Азаматтардың табыс алуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және азаматтардың атынан және мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен тәуекел етіп жүзеге асырылатын ынталы қызметі.* **Жеке [бас] куәлік.** *Жеке тұлғаның аты-жөнін, туған күні мен жылын, тұратын жері мен ұлтын куәландыратын құжат.* **Жеке қалып-күй**. инф. <ағыл. in-site> *Шартты түрде бірлік ретінде қабылданған жадтың сақтауыш элементінің физикалық қалып-күйі.* **Жеке қару.** әск. *Жеке тұлға қарауында болатын, қысқа қашықтықта шабуыл мен қорғаныс үшін қызмет ететін қару.* **Жеке қаулы.** заң. *Мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдар мен олардың басшыларының назарын белгілі бір істі қарау кезінде анықталған заңның бұзылу дерегіне, қылмыс жасауға себепші болған жағдайларға аудару үшін соттың шығарған қаулысы.* **Жеке оқыту.** пед. *Оқу сабақтарын ұйымдастырудың бір түрі.* **Жеке табыс.** экон. *Жеке тұлғаның табысы.* **Жеке тұлға.** экон. *Белгілі бір тәртіппен экономикалық қызметке қатысушы және толық құқықты қызмет субъектісі ретінде әрекет етуші адам.* **Жеке шаруа.** *Өз меншігінде мал-мүлкі бар шаруа.* **Жеке іс парағы.** кіт. *Әрбір жұмыскердің қызмет орнында сақталатын жеке басы, білімі, жұмыс істеген орындары туралы мәліметтер жазылған құжаты.*

**ЖЕКЕАУЫЗ** зат. көне. *Шиті мылтықтың бір түрі.*

**ЖЕКЕБАС: жекебасқа табыну**. саяс. <лат. cultus> *Саяси немесе діни билік иерархиясындағы жоғары мәртебелі (лауазымды) адамды асыра дәріптеу, оның орны мен міндетті қызметін шектен тыс жоғары бағалау.* **Жекебасқа қол сұқпаушылық**. заң. *Азаматтардың конституциялық құқы мен бостандықтарының негізгі принципі.*

**ЖЕКЕБАСТЫ** сын. *Жалғызбасты; бойдақ.*

**ЖЕКЕБАСТЫҚ** сын. *Жекебасқа тән, жекебасқа қатысты.*

**ЖЕКЕ-ДАЙ** сын. *Жеке-дара, өзімен-өзі.*

**ЖЕКЕ-ДАРА** сын. *Жападан-жалғыз, оңаша, оқшау.*

**Жеке-дара пайдалану**. инф. <ағыл. lockout> *Басқа процестердің қатынас құруына тыйым сала отырып, ресурсты бір ғана процестің пайдалануы.*

**ЖЕКЕ-ДАРАЛАУ** сын. *Оңашарақ, оқшаурақ.*

**ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ** зат. *Оңашалық, оқшаулық.*

**ЖЕКЕЖАЙ** зат. *Қаладағы бір жанұяға арналған, адамдардың өміріне, жұмыс істеуіне қажеттіліктің бәрі орнатылған үй.*

**ЖЕКЕ-ЖАРЫМ** үст. *Бөлек-бөлек, бірлі-жарым.*

**ЖЕКЕ-ЖЕКЕ** үст. *Бөлек-бөлек, дара-дара.*

**ЖЕКЕЖЫЛАУ** зат. жерг. *Өріп жасаған қыл шылбыр.*

**ЖЕКЕЙ**[1] зат. *Сәнді тігілген бас киім.*

**ЖЕКЕЙ**[2] сын. *Сәнді, әсем.*

**Жекей тымақ [бөрік].** этн. *Сәнді тігілген тымақ, бөрік.*

**ЖЕКЕЙШЕ** сын. *Ерекше сәнді, әсем.*

**ЖЕКЕЛЕ=** ет. **1.** *Бірдемені даралау, оңашалау, бөліп алу.* **2.** егіншар. *Арасын сирету, алыстату.*

**Жекелеп отырғызу.** бот. *Көкөністерді, жемістерді, әсемдік және кейбір техникалық өсімдіктерді жас кезінде көшіріп отырғызып, қоректенетін ауданын ұлғайту.*

**ЖЕКЕЛЕЙ** үст. *Бөлек, өз алдына.*

**Жекелей біріншілік.** спорт. *Қатысушылардың жеке нәтижесін анықтайтын спорт жарысы.* **Жекелей жарыс.** спорт. *Тек қана жеке спортшылардың жетістігін анықтайтын спорт жарысы.*

**ЖЕКЕЛЕМЕ** сын. сөйл. ***Жекеменшік.***

**ЖЕКЕМЕ-ЖЕКЕ** үст. ***Жеке-жеке.***

**ЖЕКЕЛЕН=** ет. **1.** *Бөліну, бөлшектену, бөлектену.* **2.** егіншар. *Арасы сиреу, алыстау, оқшаулану.*

**ЖЕКЕЛЕНУ** *Жекелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКЕЛЕНУШІЛІК** зат. *Бөлектенушілік, бөлінушілік.*

**ЖЕКЕЛЕП-ЖЕКЕЛЕП** үст. *Бөлек-бөлек.*

**ЖЕКЕЛЕС=** ет. *Жекпе-жекке шығу, жеке, оңаша келу.*

**ЖЕКЕЛЕСУ** *Жекелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКЕЛЕУ**[1] сын. *Жеке, оңашарақ.*

**ЖЕКЕЛЕУ**[2] *Жекеле етістігінің қимыл атауы; арасын сирету.*

**ЖЕКЕЛІК** зат. **1.** *Жалғыздық, даралық.* **2.** *Бойдақтық, жалғызбастылық.*

**Жекелік құқық.** құқық. *Өндіріс құрал-жабдықтары мен тауар өндірісіне меншік қатынасын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.*

**ЖЕКЕЛІЛІК** зат. сөйл. ***Жекелік.***

**ЖЕКЕМЕ-ЖЕКЕ** сын. сөйл. ***Жекпе-жек.***

**ЖЕКЕМЕНШІК** зат. *Меншігінде мал-мүлкі бар шаруашылық. // Біреудің қарауындағы, қарамағындағы.*

**Жекеменшік газет.** *Жеке адамның немесе заңды тұлғаның иелігіндегі бейресми мерзімді басылым.*

**ЖЕКЕМЕНШІКШІЛ** сын. *Жекеменшікке құштар, жекеменшікті жақтайтын.*

**ЖЕКЕН** зат. өс. <лат. typha> *Сазды, батпақты жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік.* **Жекен суында.** *Әр нәрсе өз жерінде.*

**ЖЕКЕНДЕЙ** сын. *Жекен сияқты, жекен тәрізді.*

**ЖЕКЕНДІ** сын. *Жекені мол, жекен өскен.*

**ЖЕКЕНСАЛ** сын. *Орнықты.*

**ЖЕКЕРЕК** сын. *Бөлегірек, оңашарақ, шеткерек.*

**ЖЕКЕ-САЯҚ** сын. *Жалғыз-дара.*

**ЖЕКЕТ** зат. *Әйелдердің қысқаша келген жеңсіз, жеңіл сырт киімі; бешпент.*

**ЖЕКЕ-ТАҚА** сан. жерг. *Бірен-саран, бірлі-жарым.*

**ЖЕКЕ-ТҰХЫ** сын. сөйл. жерг. *Сирек.*

**ЖЕКЕШАП** сын. *Өзімшіл, қара басын ойлайтын.*

**ЖЕКЕШЕ**[1] зат. *Жеке малы, дүние, мүлкі бар дербес шаруа.*

**Жекеше кәсіпорын.** экон. *Азамат, соның ішінде шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға құрған кәсіпорын.*

**ЖЕКЕШЕ**[2] зат. лингв. *Жекелік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.*

**ЖЕКЕШЕЛЕН=** ет. *Жекеменшікке өту.*

**ЖЕКЕШЕЛЕНУ** *Жекешелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ** зат. экон. <лат. privatus> *Мемлекетке тиесілі объектілерді меншіктену құқығын жеке немесе заңды тұлғаның сатып алу процесі.*

**ЖЕКЕШЕЛІК** зат. *Меншігінде жеке шаруашылығы болушылық.*

**ЖЕКЕШІЛ** сын. *Жекелікке құштар, жекені жақтаушы.*

**ЖЕКЕШІЛДІК** зат. *Бөлектік, дарашылдық.*

**ЖЕКЖАТ** зат. сөйл. ***Жегжат.***

**ЖЕКЖАТ-ЖҰРАҒАТ** зат. сөйл. ***Жегжат-жұрағат.***

**ЖЕКЖАТ-ЖҰРАТ** зат. сөйл. ***Жегжат-жұрағат.***

**ЖЕКЖАТТАЙ** сын. *Жекжат сияқты, жекжат тәрізді.*

**ЖЕКЖАТТАС=** ет. *Жегжат болу, жегжаттасу.*

**ЖЕКЖАТТАСУ** *Жекжаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКЖАТШЫЛ** сын. *Жегжатын іздегіш.*

**ЖЕКЖАТШЫЛА=** ет. *Құда-жегжатты аралау.*

**ЖЕККӨРУШІЛІК** зат. псих. *Адамның өз қажетсінулеріне, сенімдеріне, құндылықтарына қайшы келетін құбылыстарға бағытталған орнықты белсенді жақтырмау сезімі.*

**ЖЕККӨРІНІШ** зат. сөйл. ***Жеккөрушілік.***

**ЖЕККӨРІНІШТІ** сын. *Жаман, жағымсыз.*

**Жеккөрінішті болды.** *Сүйкімсіз көрінді, жаманатты болды, көз түрткіге түсті.*

**ЖЕККІЗ=** ет. *Жегін көлікке арба т.б. тіркету.*

**ЖЕККІЗУ** *Жеккіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКМИШЕ** зат. *Ақша салатын қобди.*

**ЖЕКПЕ** зат. сөйл. *Жегін көлік.*

**ЖЕКПЕ-ЖЕК** зат. *Екі адамның бірме-бір айқасы.* **2.** *Бірме-бір, бетпе-бет, қарама-қарсы.*

**Жекпе-жекке шақырды**. *Күш сынасқысы келді.* **Жекпе-жекке шықты**. *Екеуара айқасты, сайысқа түсті.* **Жекпе-жек майданы.** *Батырлардың жекпе-жекке шығып шайқасуы.*

**ЖЕКСЕН: жермен жексен болды.** *Жалпиып көрінбей қалды, жер бетімен бірдей болып кетті.*

**ЖЕКСЕНБІ** [ир. یکشنبه ] зат. *Аптаның жетінші күнінің аты.*

**ЖЕКСЕНБІЛІК** зат. *Жексенбі (демалыс) күні ұжым болып барып, ұйымшылдықпен істелетін жұмыс.*

**ЖЕКСҰРЛАН=** ет. *Жеккөрінішті болу.*

**ЖЕКСҰРЛЫҚ** зат. *Жексұрындық, жеккөріміштілік.*

**ЖЕКСҰРЫН** сын. экспр. *Жеккөрінішті, сұмпайы, сүйкімсіз.*

**Жексұрын болды**. *Сүйкімсіз көрінді, жаманатты болды, көзтүрткіге түсті.* **Жексұрын мінез.** *Адамгершілікке жат, сүйкімсіз мінез.*

**ЖЕКСҰРЫНДАУ** сын. *Жеккөріністілеу, сұмпайылау, сүйкімсіздеу.*

**ЖЕКСҰРЫНДЫҚ** зат. *Жеккөріністілік, сұмпайылық.*

**ЖЕКТЕЙ** сын. *Жек сияқты, жек тәрізді.*

**ЖЕКТЕМДЕЛ=** ет. *Жапа шегу, қиналу.*

**ЖЕКТЕМДЕЛУ** *Жектемдел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКТІР=** ет. *Жегін көлікке арбаны тіркету.*

**ЖЕКТІРУ** *Жектір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКУ** *Жекі етістігінің қимыл атауы; зеку, сөгу.*

**ЖЕКІ=** ет. *Қатты зекіру, сөгу, ақыру.*

**ЖЕКІҢКІРЕ=** ет. *Зекіріңкіреу, ұрса түсу.*

**ЖЕКІҢКІРЕУ** *Жекіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКІП-СӨК=** ет. *Зіркілдеп ұрысу.*

**ЖЕКІР=** ет. *Ұрысу, қатулану.*

**ЖЕКІРГІШ** сын. *Жекіруге құмар, зекіруге құштар.*

**ЖЕКІРУ** *Жекір етістігінің қимыл атауы; жеку, зеку, ұрысу.*

**ЖЕКІРІК** зат. *Зекігендік, ұрыс, сөгіс.*

**ЖЕКІРІҢКІРЕ=** ет. *Ұрсыңқырау, зекіре түсу.*

**ЖЕКІРІҢКІРЕУ** *Жекіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕКІРІС** зат. *Зекіріс, ұрыс, сөгіс.*

**ЖЕЛ**[1] зат. **1.** *Кейде қатты, кейде баяу соғатын ауа ағымы.* **2.** *Атмосферадағы ауаның жер бетіне параллель бағытта қозғалуы.* **3.** ауыс. *Баянды емес, өкiнiштi.* **3.** ауыс. *Ағымы, жетегі.*

**Жел ағысы.** *Мұхит пен теңіз суының жоғарғы қабатында (үйкеліс қабаттары деп аталатын 100 м, кейде 200м тереңдік) жел мен судың арасындағы үйкелістен пайда болатын ағыс.* **Жел айдаған [аударған] қаңбақтай.** а) *Ойда-жоқта деген мағынада айтылады.* ә) *Ілешала, дереу, апыл-құпыл.* **Жел ала жөнелді.** *Тарап кетті, белгілі болып қалды.* **Жел арқан.** этн. *Киіз үйдің жел жағына байлайтын арқан, желбау.* **Жел аударған қаңбақтай.** *Еріктен тыс, ықтиярсыз, ырықсыз.* **Жел ауру.** *Ауық-ауық болатын құяң секілді сырқат түрі.* **Жел ауызды.** *Еспе шешен, төкпе тіл.* **Жел ауып қону.** *Қоныс аууу, қоныс аудару.* **Жел аяқ.** *Жылқының желе жортқан жүрісі.* **Жел аялады.** поэт. *Жел есті, жанына жайлы самал есті.* **Жел берді.** *Еліктірді, елеуретті, айдап салды, қайрап салды.* **Жел бетке шықты.** *Жақсылыққа кездесті, жолы болды.* **Жел болып тиді.** жерг. *Ешкімнің көңіліне қарамай, қарсы келді.* **Жел бітті.** *Елірді, көтерілді.* **Желге жіберу.** *Босқа шашу, далаға жіберу.* **Желге кеуде төседі [тосты].** поэт. *Жолға шықты, аттанды.* **Желге кетті [ұшты].** *Зая болды, босқа кетті.* **Желге қақтырды.** *Кептірді, күнқақты етті, күнге жайып қойды.* **Желге мінсе жеткізбес.** бейн. *Жүйрік, ұшқыр.* **Желге тигізбеді.** а) *Қымтап, ықтап ұстады.* ә) *Баптап бағып-қақты, мәпеледі.* **Желге ұшырды [шашты].** *Бостан-босқа шығындады, босқа ысырап етті, бей-берекет жұмсады.* **Желден жүйрік [жылдам].** *Шапшаң, тез қозғалатын.* **Желдің жұты.** *Жазғытұрым соғатын, жерді кептіріп, арық малды қаусатып тастайтын қара жел.* **Желдің құты.** *Жердің қарын қағып, шөбін ашып беретін қатты жел.* **Желдің өті.** *Желдің ызғарлы дәл беті; тұсы.* **Желдің ұшыруы.** *Желдің әрекетінен топырақтың беткі қабатының ұшуы.* **Жел есті.** *Самал жел соқты.* **Жел жағынан жүргізбеді [жел жағына шығармады].** *Маңайына жақындатпады, шеніне жолатпады.* **Жел жақ.** *Жел соғып тұрған беткей.* **Жел жапырған құрақтай.** *Айтқанға көне кету, уысынан шықпау.* **Жел жетпейтін.** *Өрен жүйрік, ұшқыр.* **Жел жетпес.** *Жүйрік ат мағынасында.* **Жел кернеді.** *Жел көтерді, ұшырды.* **Жел қақты.** *Жүзі күнге күйді, тотықты.* **Жел қақтырды.** *Кептірді, құрғатты.* **Жел қарысты.** *Шаншу қадалды, сырқатданды.* **Жел қозғалтқыш.** тех. *Су шаруашылығында егістікті суландыру үшін қолданылатын су айдағыш құрылғы.* **Жел қуған ебелектей ербеңдесті.** *Желдің екпінімен ұшқан ебелек сияқты тыным таппады.* **Жел қуған қаңбақтай.** *Еш жерге тұрақтай алмай.* **Жел құйын.** а) *Әпербақан, ұр да жық.* ә) *Шапшаң, тез қимылдайтын.* б) *Тез, лезде.* **Жел құйын дақпырт.** *Алыпқашты хабар.* **Желмен ыққан қаңбақтай өтті.** *Көзді ашып-жұмғанша өте шықты.* **Жел мінезді.** *Ұшып-қонба жеңілтек.* **Жел несібе.** *Бос әурешілік, пайдасы іске уақыт кетірушілік.* **Жел өрнегі.** *Көпжылдық бақылаулар нәтижесінде белгілі бір аймақтағы желдің басым бағытын көрнекі түрде көрсететін векторлық диаграмма.* **Жел өсек ерді.** *Қаңқу сөз, өсек-аяң тарады.* **Жел өтті.** *Жел тиді, суықтап қалды.* **Жел өті.** *Соққан желге қарама-қарсы жел беті; желге қарсы жақ.* **Жел сағымдай құбылды.** *Мың өзгерді.* **Жел саңлақ.** *Жараулы ат, сәйгүлік жүйрік.* **Жел сақаусырады.** *Қатты жел біртебірте басыла бастады.* **Жел соқты.** *Жел тұрды.* **Жел сөз.** а) *Алыпқашпа өтірік, бекер әңгіме.* ә) *Өлең сөз мағынасында.* **Жел сөзге бой алдырды.** *Өсекке сенді, сөздің жетегіне ерді.* **Жел тиді.** *Жел ұстап, шаншулап ауырды.* **Жел тимес.** *Мәпелеп өсірген.* **Жел тұрды.** *Кенеттен жел болды, жел соқты.* **Жел тынды.** *Жел басылды, саябырсыды.* **Жел ұшырды.** *Босқа төгіп-шашты, рәсуа болды.* **Жел үйірді.** *Үйтқып жел соқты, дауыл тұрды.* **Жел үрлеген шоқтай.** *Қып-қызыл, алаулаған.* **Жел шалқыды.** поэт. *Жел есті.* **Жел шығарды.** қарап. *Қолайсыз иіс шығарды, осырды.* **Желі оңынан тұрды.** *Жолы болды, ісі оңға басты, беті түзелді.* **Жел энергетикасы.** физ. *Жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын энергетиканың саласы.*

**ЖЕЛ**[2] зат. *Ызғарлы желден, суықтан болатын ауру.*

**Жел ауру.** *Ауық-ауық болатын құяң секілді ауру.*

**ЖЕЛ=** ет. *Аяң мен шабу аралығындағы қатты жүріс.*

**Желген аттай зымырады.** *Зырлады, зулады.* **Желе шоқытты [шоқырақтатты].** *Қатты желді, текіректетті.*

**ЖЕЛАЙДАР** зат. өс. <лат. anemone> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық улы шөп.*

**ЖЕЛАЙРЫҚ** зат. геогр. *Атмосферадағы біршама тұрақты шекара.*

**ЖЕЛАТИН** [франц. gelatine] зат. *Малдың сүйегін, терісі мен шеміршегін қайнату арқылы алынатын ақуыздық заттардың қоспасы.*

**ЖЕЛАУЫЗ** зат. **1.** *Оңтүстік батыстан соғатын теңіз желі.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Бәтуасыз, көп сөзді адам.* **3.** жағымды. *Шешен, сөзге ұста.*

**ЖЕЛАЯҚ** сын. **1.** *Табаны жерге тимейтін жүйрік.* **2.** *Жақын жерге тез барып-келуге, мінуге қалайлы (жылқы малы).* **3.** спорт. *Әртүрлі қашықтықтажүгіріп жаттыққан спортшылар.* **4.** ауыс. *Үйден-үйге, ауылдан-ауылға өсек тасып, қыдыра беретін адам.*

**ЖЕЛБАҒАР** зат. *Желдің бағыты мен жылдамдығын анықтайтын құрылғы.*

**ЖЕЛБАҚАЙ** сын. *Өте жүйрік, ұшқыр.*

**ЖЕЛБАС** зат. өс. *Су жағасында өсетін, қамыс тектес өсімдік.*

**ЖЕЛБАС** сын. **1.** *Басы ырық бермейтін мал, бас асау.* **2.** ауыс. *Желікпе, әулікпе, жеңілтек.*

**ЖЕЛБАСТЫҚ** зат. *Жөн-жосықсыз бозбалалық, жеңіл мінезділікке құмарлық, бозбастық (ер адам жайында).*

**ЖЕЛБАУ** зат. этн. *Дауыл, жел болғанда ұшып кетпес үшін шаңырақты тартып байлайтын бау.*

**ЖЕЛБЕГЕЙ**[1] зат. *Жауыннан қорғану үшін жамыла салатын, жеңсіз сырт киім.*

**ЖЕЛБЕГЕЙ**[2] үст. **1.** *Сырт киімнің жеңін кимей немесе түймесін салмай иыққа іле салу.* **2.** ауыс. *Алқа-салқа, ашық-шашық; қалай болса солай.*

**Желбегей жамылды.** *Киімнің жеңін кимей, иығына жамыла салды.* **Желбегей салды.** сөйл. *Иығына іле салды; желбегей жамылды.*

**ЖЕЛБЕГЕЙЛЕН=** ет. **1.** *Желбегей киіну, жеңілдену, ықшамдалу.* **2.** ауыс. *Ашылып-шашылу, алқам-салқамдану.*

**ЖЕЛБЕГЕЙЛЕНУ** *Желбегейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБЕГЕЙЛЕУ** сын. *Жеңілдеу, ықшамдау.*

**ЖЕЛБЕЗЕК**[1] зат. зоол. <лат. branchiae> **1.** *Су жануарларының газ алмасу мүшесі, тыныс алатын органы.* **2.** *Мұрын қуысы, танау жиегі.*

**Желбезек доғасы** анат. *Омыртқалы жануарлардың бас қаңқасының висцеральды бөлігінің бір бөлімі.* **Желбезек қақпағы.** анат. *Сүйекті балықтардың желбезек аппаратын сыртынан жауып тұратын сүйек.*

**ЖЕЛБЕЗЕК**[2] зат. *Киімнің жиырып жапсыра тігілген бөлігі.*

**ЖЕЛБЕЗЕКАРАЛЫҚ** сын. зоол. *Желбезек саңлауларын бөліп тұратын.*

**ЖЕЛБЕЗЕКАЯҚТЫ: желбезекаяқты шаянтәрізділер.** зоол. <лат. branchiopoda> *Буынаяқтылар типі шаянтәрізділер класының ең қарапайым класс тармағы.*

**ЖЕЛБЕЗЕКАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. *Дене тұрқы 2 см-ден аспайтын, кеудесі 11, кейде 17-19 бунақтан тұратын, оның әрқайсысында бір жұп жапырақ тәрізді аяқтары болатын шаяндар отряды.*

**ЖЕЛБЕЗЕКҚҰЙРЫҚТЫЛАР** зат. зоол. *Шаянтәрізділердің бір отряды.*

**ЖЕЛБЕЗЕКМАҢЫ: желбезекмаңы қуысы.** анат. *Туникаттар мен бассүйексіздерге тән тыныс алу аппараттарын зақымданудан және топыраққа көмілгенде ластанудан қорғайтын, сыртқы ортамен дененің құрсақ бөлімінде орналасқан атриопор тесігі арқылы байланысқан ерекше қапшық.*

**ЖЕЛБЕЗЕКСІЗ** сын. *Желбезегі жоқ.*

**ЖЕЛБЕЗЕКТЕН=** ет. *Делдию, ісіну, кебіну.*

**ЖЕЛБЕЗЕКТЕНУ** *Желбезектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБЕЗЕКТЫНЫСТЫЛАР** зат. зоол. <лат. branchiata> *Буынаяқтылар типінің бір тармағы.*

**ЖЕЛБЕЗЕКТІЛЕР** зат. зоол. *Желбезегі бар насекомдар.*

**ЖЕЛБЕЙ** зат. сөйл. ***Желбегей.***

**ЖЕЛБЕҢ** елік. *Желбіреген, желбеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ЖЕЛБЕҢДЕ=** ет. *Желп-желп ету, желбіреу, қозғалақтау.*

**ЖЕЛБЕҢДЕТ=** ет. *Желп-желп еткізу.*

**ЖЕЛБЕҢДЕТУ** *Желбеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБЕҢДЕУ** *Желбеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБИДА** зат. сөйл. ***Желбұйда.***

**ЖЕЛБЕСЕК** зат. жерг. *Түйенің мұрындық ағашы мен бұйда жіптің арасындағы кішкене жіп.*

**ЖЕЛБЕСІК** зат. этн. *Тербелмелі аспа бесік.*

**ЖЕЛБЕСІН: желбесін құстар.** саят. *Етін, жұмыртқасын жеп, мамық жүнін шаруаға жарататын пайдалы, адал құстардың тобы.*

**ЖЕЛБӨГЕТ** зат. *Жел әрекетінен туындайтын су деңгейінің көтерілуі.*

**ЖЕЛБУАЗ**[1] зат. муз. *Қазақ халқының көне саз аспаптарының бірі.*

**ЖЕЛБУАЗ**[2] сын. *Буаз деп жүріп қысыр шығу.*

**ЖЕЛБУАЗ**[3] сын. **1.** *Даурықпа, кез келген нәрсеге көтеріле жөнелетін желікпе (адам).* **2.** ауыс. *Бос сөз.*

**Желбуаз әңгіме [сөз].** *Өтірік, көпірме, бос сөз.* **Желбуаз қылды.** *Алдады, алдаусыратты.*

**ЖЕЛБҰЙДА** зат. *Мұрны алғаш тесілген ботаның, тайлақтың мұрындық ағашына байланатын шуда жіп, бұлдірге.*

**Желбұйдасын [желбұйдасынан] ұстатпады [ұстатқан жоқ].** *Біреудің жетегімен жүрмеді, айтқанын тыңдамады.*

**ЖЕЛБҮЙРЕК** сын. *Жеңіл мінезді, желөкпе.*

**ЖЕЛБІР** зат. *Сәндік үшін әйелдердің көйлегінің етегіне, кеуде тұсына, иығына жапсыра тігілген бүрме.*

**ЖЕЛБІРЕ=** ет. **1.** *Дамылсыз қозғалақтау, желпілдеу.* **2.** *Жайқалу.*

**ЖЕЛБІРЕГІШ** сын. *Қозғалғыш, желпілдегіш.*

**ЖЕЛБІРЕТ=** ет. *Желпілдету.*

**ЖЕЛБІРЕТУ** *Желбірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБІРЕУ** *Желбіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБІРЕУІК¹** зат. *Шымылдықтың үстіне құрылатын басы кестеленген шолақ шымылдық түрі.*

**ЖЕЛБІРЕУІК²** зат. *Желбіреп тұратын етіп тігілген бұйым.*

**ЖЕЛБІРЕУІКСІЗ** сын. *Желбіреуігі жоқ, желбіреуік салынбаған.*

**ЖЕЛБІР-ЖЕКЕН** зат. өс. *Таулы алқапта бұтақ-жапырағы желбіреп өсетін ірі шөптердің түрлері.*

**ЖЕЛБІРЛЕ=** ет. *Желбір тігу, жапсыру.*

**ЖЕЛБІРЛЕУ=** *Желбірле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛБІРСІЗ** сын. *Желбірі жоқ, желбір салынбаған.*

**ЖЕЛБІРШЕК** зат. сөйл. ***Желбір.***

**ЖЕЛБІРШЕКСІЗ** сын. *Желбіршегі жоқ.*

**ЖЕЛБІРШЕКТІ** сын. *Желбіршегі бар, желбіршек салынған.*

**ЖЕЛГЕК** сын. *Мазасыз, тынымсыз.*

**ЖЕЛГІЗ=** ет. *Атты айдау, желдіру.*

**ЖЕЛГІЗУ** *Желгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛГІР** сын. *Сырғыма, тұрақсыз.*

**ЖЕЛГІШ** сын. *Желісі күшті, желісті.*

**ЖЕЛГІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта желу, ұзақ жүру.*

**ЖЕЛГІШТЕУ** *Желгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛҒАБАЗ** сын. *Аққөңіл, ашық.*

**ЖЕЛҒАБЫЗ** сын. **1.** *Көз ілеспейтін жүйрік.* **2.** ауыс. *Шаршап-шалдығуды білмейтін, шаршамайтын, талмайтын. // Шаршамайтын, талмайтын адам.*

**Желғабыз сөз.** *Көпірме, лепірме, бөспе сөз.*

**ЖЕЛДЕ=** ет. *Желге қарсы жүру, самалдау.*

**ЖЕЛДЕЙ** сын. *Жел сияқты, жел тәрізді, жүйрік.*

**Желдей гуледі.** *Екпіндеді, қарқындады, есті.* **Желдей екпінді.** стиль. *Екпіні күшті.* **Желдей есті**. а) *Қатты қарқындады.* ә) *Асып-тасып, шарасына сыймай шалқыды.* б) *Есіп сөйледі, лепірді.* в) *Дауысы қатты естілді.* г) *Мақтанды.* ғ) *Халық арасына кеңінен таралды.* **Желдей желді.** *Зымырады, зулады.* **Желдей жүйрік.** *Ұшқыр (ат).* **Желдей жүйткіді.** *Зaулады, зулады, зымырады.* **Желдей зулады.** *Желдей есті, зымырады, ағып өте шықты.*

**ЖЕЛДЕН¹=** ет. **1.** *Жел тұру, жел соғу.* **2.** ауыс. *Желігу, желпіну, қоқилану.*

**ЖЕЛДЕН²=** ет. *Суық тиіп ауыру; желі көтерілу.*

**ЖЕЛДЕНДІР=** ет. **1.** *Салқындату, ауаны тазарту.* **2.** *Ішті кептіру.* **3.** *Терін басқызу, суыту.*

**ЖЕЛДЕНДІРУ** *Желдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДЕНТ=** ет. **1.** *Жел тигізу, самал соқтыру.* **2.** ауыс. *Желпіндірту, көңілін көтеру.*

**ЖЕЛДЕНТУ** *Желдент етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДЕНУ** *Желден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Іш кебу.* **2.** ауыс. *Желігу, желпіну.*

**ЖЕЛДЕСІН** сын. *Аздап жел соғып тұрған, желді.*

**ЖЕЛДЕТ=** ет. **1.** *Жел тұру, жел соғу.* **2.** *Желге қақтыру, желге ұстау.* **3.** *Самал соқтыру, жел тигізу.* **4.** ауыс. *Қарқындату, екпіндету.*

**ЖЕЛДЕТКІШ** зат. **1.** *Бөлменің ауасын жаңартып тұру үшін жасалған терезенің ашпалы-жаппалы көзі.* **2.** тех. *Ыстық кезде бөлмедегі ауаны салқындататын арнаулы құрылғы.* **3.** тех. <лат. ventilatio> *Өндіріс орындарын желдетуде, аэроқоспаларды құбырмен тасымалдауда т.б. ауаны немесе басқа газдарды қозғалысқа түсіріп, орнын ауыстыру үшін олардың артық қысымын (әдетте 0,15 Мпа-ға дейін) тудыратын қондырғы.*

**ЖЕЛДЕТУ¹** зат. тех. *Ауа алмасуын қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар жүйесі.*

**ЖЕЛДЕТУ²** *Желдет етістігінің қимыл атауы; адамның денсаулығы мен жұмыс істеуіне қолайлы ауа ортасын жасау мақсатында бөлмедегі ауа алмасуын реттеу.*

**Желдету оқпаны**. *Жер асты кен қазбалары мен шахталарды таза ауамен қамтамасыз етуге арналып салынған құрылыс.*

**ЖЕЛДЕТІЛ=** ет. *Жел соқтырылу, жел қақтырылу, ауа тазартылу.*

**ЖЕЛДЕТІЛУ** *Желдетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Желдете түсу.*

**ЖЕЛДЕТІҢКІРЕУ** *Желдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДЕУ** *Желде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДИІРМЕН** зат. *Жел қуатымен жұмыс істейтін диірмен.*

**ЖЕЛДІ** сын. *Желі бар.*

**Желді күнгі жөңкілген қара қаңбақтай**. поэт. *Шапшаң, лезде.* **Желді күнгі қоғадай [қамыстай] жапырылды.** *Түгелдей, бірі қалмастан иілді.* **Желді күнгі ормандай шуылдады**. *Азан-қазан болды, шулады.* **Желді күнгі теңіздей толқыды**. *Шулау, басына көтеру.* **Желді күндей жапырылды**. *Абыр-сабыр болды.*

**ЖЕЛДІК¹** зат. *Ер, ашамай, ершіктің қапталы мен тоқымның арасына салынатын киіз тоқымша.*

**ЖЕЛДІК²** зат. *Шаңырақ бауы.*

**ЖЕЛДІК³** зат. сөйл. ***Желдеткіш.***

**ЖЕЛДІК⁴** сын. *Желдің әсерінен болған.*

**Желдік ағыс**. сушар. *Желдің су бетіне әсер етуінен мұхиттағы, теңіздегі, көлдегі су қозғалысы.* **Желдік толқындар**. сушар. *Ауа ағынының әсерінен, жел қуаты есебінен пайда болатын толқындар.*

**ЖЕЛДІКСІЗ** сын. *Желдік салынбаған, желдігі жоқ.*

**ЖЕЛДІКТЕ=** ет. *Желдік салу.*

**ЖЕЛДІКТЕУ** *Желдікте етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДІКШЕ** зат. жерг. *Аттың кішірек жабуы.*

**ЖЕЛДІЛЕУ** сын. *Аздаған жел бар.*

**ЖЕЛДІЛІК** зат. **1.** *Желі болушылық, жел соғушылық.* **2.** ауыс. *Шапшаңдық, жылдамдық, жүйріктік.*

**ЖЕЛДІР=** ет. **1.** *Атты жүргізу, бірқалыпты сар желіспен аяңдату.* **2.** ауыс. *Сөздің майын тамызу.*

**ЖЕЛДІРМЕ¹** зат. әдеб. *Белгілі бір ырғақ, мақаммен айтылатын терме-өлең.*

**ЖЕЛДІРМЕ²** зат. тамақ. *Қазының еті мен қызыл ірімшік қосып дайындалған тағам түрі.*

**ЖЕЛДІРМЕЛЕ=** ет. *Желдірте айту, желдірмеге салу.*

**ЖЕЛДІРМЕЛЕТ=** ет. *Желдірмеге салғызу.*

**ЖЕЛДІРМЕЛЕТУ** *Желдірмелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДІРМЕЛЕУ** *Желдірмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДІРМЕЛІ** сын. *Желдірмеге құрылған.*

**ЖЕЛДІРТ=** ет. *Желдіре басқызу, сар желіске салу.*

**ЖЕЛДІРТПЕ** зат. сөйл. ***Желдірме.***

**ЖЕЛДІРТПЕЛЕ=** ет. *Желдірте айту.*

**ЖЕЛДІРТУ** *Желдірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛДІРУ** *Желдір етістігінің қимыл атауы; атты бірқалыпты жүргізу, аяңдату.*

**ЖЕЛЕ** [франц. gelee] зат. тамақ. *Жеміс-жидектен түрлі дәмдеуіштер қосып әзірленетін салқын тәтті тағам.*

**ЖЕЛЕГЕЙ** үст. сөйл. ***Желбегей.***

**ЖЕЛЕГЕЙ-ЖЕЛПІ** үст. *Алқам-салқам, қалай болса солай.*

**ЖЕЛЕГЕЙЛЕ=** үст. *Желбегейлеу, түймесін ағыту.*

**ЖЕЛЕ-ЖОРТ=** ет. *Сар желіспен жүру.*

**ЖЕЛЕ-ЖОРТАҚТА=** ет. сөйл. ***Желе-жорт.***

**ЖЕЛЕ-ЖОРТАҚТАТ=** ет. сөйл. **1.** *Желе-жорту.* **2.** ауыс. *Түрліше құбылту.*

**ЖЕЛЕК¹** зат. *Жас келіншектер жаулық сыртынан салатын ақ түсті жібек мата.*

**Желегі желкілдеген.** *Көбінесе жаңа түскен келінге қатысты айтылады.*

**ЖЕЛЕК²** зат. жерг. *Жапырақты, гүлді көк шөп.*

**ЖЕЛЕК-ЖЕЛЕК** үст. *Желп-желп етіп, түйдектене.*

**ЖЕЛЕКЖОЛ** зат. <франц. boulevard> *Көшелер бойымен, теңіз жағасымен қатарластырыла ағаштар отырғызылып жасалған аллея.*

**ЖЕЛЕКСІЗ** сын. *Желегі жоқ.*

**ЖЕЛЕКТЕ=** ет. *Желбеңдеу, желек қағу.*

**ЖЕЛЕКТЕЙ** сын. *Желек сияқты; желек тәрізді.*

**ЖЕЛЕКТЕН=** ет. *Жап-жасыл болу, құлпыру.*

**ЖЕЛЕКТЕНУ** *Желектен етістігінің қимыл атауы*

**ЖЕЛЕКТЕТ=** ет. *Желбеңдету, желек қақтыру.*

**ЖЕЛЕКТЕТУ** *Желектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕКТЕУ** *Желекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕКТІ** сын. **1.** *Жап-жасыл, көкпеңбек.* **2.** ауыс. *Келін боп жаңа түскен мағынасында.*

**Желекті адам жеңілтек**. *Пысық, ыңғайлы деген мағынада.*

**ЖЕЛЕКТІЛІК** зат. *Жап-жасыл болушылық.*

**ЖЕЛЕКШЕ¹** зат. жерг. *Кіші, жұқа жабу.*

**ЖЕЛЕКШЕ²** үст. *Желек секілді, желекке ұқсас.*

**ЖЕЛЕКШІ** зат. *Көгалдандырушы, желектендіруші.*

**ЖЕЛЕМІК** зат. *Сәл-пәл соққан жел.*

**ЖЕЛЕМІКТЕУ** сын. *Сәл-пәл желділеу.*

**ЖЕЛЕМІКТІ** сын. *Желді, жел соққан.*

**ЖЕЛЕҢ¹** зат. *Кең, жұқа шапан.*

**ЖЕЛЕҢ²** зат. сөйл. ***Жел.***

**ЖЕЛЕҢ³** үст. *Жеңіл-желпі; желбегей.*

**ЖЕЛЕҢДЕ=** ет. *Желбеңдеу, желп-желп ету.*

**ЖЕЛЕҢДЕТ¹=** ет. *Желең-желең еткізу, желбірету.*

**ЖЕЛЕҢДЕТ²=** ет. *Желдету, жел тұру.*

**ЖЕЛЕҢДЕТУ** *Желеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕҢДЕУ¹** сын. *Жеңілдеу, жұқалау.*

**ЖЕЛЕҢДЕУ²** сын. *Аздаған желі бар.*

**ЖЕЛЕҢДЕУ³** *Желеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ** е л і к. *Желеңдеген, желпілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Желең-желең етті.** *Желбеңдеді, желп-желп етті.*

**ЖЕЛЕП-ЖЕБЕ=** е т. д і н и. *Қорғау, демеу, қамқорына алу.*

**ЖЕЛЕП-ЖЕБЕУ** *Желеп-жебе етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕП-ЖЕБЕУШІ** з а т. *Қорғаушы, қолдаушы.*

**ЖЕЛЕТ**[1] [франц. gillet] з а т. *Ерлердің костюм ішінен киетін жұқа жеңсіз киімі; жилет.*

**ЖЕЛЕТ**[2] [ир.] з а т. е с к і к і т. *Жендет, жазалаушы.*

**ЖЕЛЕТКЕ** з а т. *Астарлап, сырып тігілетін жеңсіз киім, кеудеше.*

**ЖЕЛЕТКЕЛІ** с ы н. *Желетке киген, желеткесі бар.*

**ЖЕЛЕУ** з а т. *Сылтау, дәлел, себеп.*

**Желеу [көңіліне, жанына желеу] болды.** а) *Сылтау, дәлел болды.* ә) *Сүйеу болды, демеу болды, таяныш болды.* **Желеу етті [қылды].** *Сылтауратты, себеп қылды.* **Желеу [көңіліне желеу] көрді.** *Демеу көрді, сүйеу етті.*

**ЖЕЛЕУКЕ** з а т. с ө й л. ***Желек.***

**ЖЕЛЕУЛЕ=** е т. *Желеу ету, сылтаурату.*

**ЖЕЛЕУЛЕТ=** е т. *Желеу ету, сылтаурату.*

**ЖЕЛЕУЛЕТУ** *Желеулет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕУЛЕУ** *Желеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛЕУЛІ** с ы н. *Желеуі бар.*

**ЖЕЛЕУРЕТ=** е т. с ө й л. ***Желеулет.***

**ЖЕЛЕУРЕТУ** *Желеурет етістігінің қимыл атауы; сылтаурату, сылтау ету.*

**ЖЕЛЕУСІЗ** с ы н. *Желеуі жоқ, сылтаусыз.*

**ЖЕЛЕУШІ** з а т. *Жебеуші, демеуші.*

**ЖЕЛЕУШІДЕЙ** с ы н. *Желеуші сияқты, желеуші тәрізді.*

**ЖЕЛЕУІШ** з а т. с ө й л. ***Жалау.***

**ЖЕЛЕ-ШОҚЫТ=** е т. *Атты желдіру, шоқытпа жүріске салу.*

**ЖЕЛЖЕМІРУ** з а т. *Жер бетіне шығып жатқан таужыныстардың желдің әсерінен жемірілуі.*

**ЖЕЛК** е л і к. *Желп еткен жеңіл, қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Желк етті.** *Желп етті.*

**ЖЕЛКЕ** з а т. **1.** <лат. nucha> *Бас сүйектің қарақұстан, шүйдеден төменгі жері.* **2.** *Мойын етте болатын талшықты сіңір.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің сырт жағы.* **4.** а у ы с. п о э т. *Міндет.*

**Желкеден түйіп қалғандай бұқты.** *Бүгіжіктеді, бүктетілді.* **Желке жүндері дүрдиді.** *Қоқаңдады, қоқиланды.* **Желке жүндері үрпиісті.** *Дүрдараз болды, араздасты.* **Желке жүнін үрпитті.** *Сырт көзге қыр көрсетті, дөң айбат көрсетті.* **Желкемнің шұқырын көрмейін.** *Өз сөзіне сендіру үшін әзіл ретінде айтылатын қарғану.* **Желкені тесу.** *Емдеу тәсілі.* **Желкең қиылғыр.** қ а р ғ. *Өлім келгір, жұлының үзілгір.* **Желкеңнің шұңқырын көрмегір!** қ а р ғ. *Зілсіз қарғыс.* **Желкең үзілгір!** қ а р ғ ы с. *Өмірің өшкір, жұлының үзілгір деген мағынада көбінесе балаларға айтылады.* **Желке су.** ж е р г. *Бас арықтағы су; бірінші суарым.* **Желкесі қиылды.** *Өлді, қырғынға ұшырады, көзі жойылды.* **Желкесіне мінді [желкесінен түспеді].** *Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті.* **Желкесінен алды.** *Ту сыртынан ұстады.* **Желкесінен бір түйді.** *Нұқып, қуып шықты.* **Желкесін көрсетті.** *Сырт айналды, қарамай кетті.* **Желкесін қасыды.** *Жолын таба алмай абыржыды, қысылды, састы.* **Желкесін қиды [үзді].** а) *Өлтірді, қырғынға ұшыратты, құртты.* ә) *Жоқ етті, құртты.* **Желкесін қозғап-қозғап жіберді.** *Мойнын кужірейтіп, сілкінді, айбат шекті.* **Желкесі пышақ жанығандай.** *Тықыр.* **Желкесі тартты.** *Басы ауырды, мазасы кетті.* **Желкесі үзілді.** *Құрыды, жоқ болды, өлді.* **Желке таз.** *Желке шашы түскен (жоқ).* **Желке тарақ.** *Шашты желкеге қайырып, бастырып қоятын тарақ.* **Желке тұс [жақ].** *Сыртқы бет, артқы жақ.* **Желке шаш.** *Қара құстан төменгі шыққан шаш.*

**ЖЕЛКЕК** з а т. ө с. <лат. tragopogon> *Өн бойында сүті (ақ шырын) бар, ақ үлпілдекті шөптектес өсімдік.*

**ЖЕЛКЕКТЕ=** е т. *Желпілдеу, желпек қағу.*

**ЖЕЛКЕКТЕЙ** с ы н. *Желкек сияқты, желкек тәрізді.*

**ЖЕЛКЕКТІ** с ы н. *Желкек өскен, желкегі бар.*

**ЖЕЛКЕЛЕ=** е т. **1.** *Желкесінен алу, желкесінен тию.* **2.** а у ы с. *Ырқына көндіру, ықтыру, тежеу.*

**ЖЕЛКЕЛЕҢКІРЕ=** е т. *Желкеден алың-қырау; итермелеу.*

**ЖЕЛКЕЛЕҢКІРЕУ** *Желкелеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛКЕЛЕС** з а т. *Алыс-жұлыс, төбелес.*

**ЖЕЛКЕЛЕС=** е т. *Ұрысып-төбелесу, алысу.*

**ЖЕЛКЕЛЕСУ** *Желкелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛКЕЛЕТ=** е т. *Желкеден алғызу, жәбір көрсету.*

**ЖЕЛКЕЛЕТУ** *Желкелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛКЕЛЕУ** *Желкеле етістігінің қимыл атауы; желкесінен алу, түйгіштеу.*

**ЖЕЛКЕЛІ** с ы н. **1.** *Желкесі кужірейген; шығыңқы.* **2.** а у ы с. *Мықты.*

**ЖЕЛКЕЛІК** з а т. **1.** *Жүгеннің екі жақтауының желкеде түйісетін ұшы.* **2.** *Киім жағасының астына қадалған ілгек бау.*

**ЖЕЛКЕМ** с ы н. *Аздап желді; желтең.* **Желкем жетпіс ойлы.** *Ойы сан-саққа жүгірді, бір ойы былай дейді, бір ойы былай дейді.*

**ЖЕЛКЕМДЕ=** е т. *Жел қақтыру.*

**ЖЕЛКЕМДЕЙ** с ы н. *Желкем сияқты, желкем тәрізді.*

**ЖЕЛКЕМДЕН=** е *т*. *Желдену, жел тұру.*

**ЖЕЛКЕМДЕНУ** *Желкемден етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛКЕМДЕТ=** е т. **1.** *Жел тұру.* **2.** а у ы с. *Демеу, көңілін көтеру.*

**ЖЕЛКЕМДЕТУ** *Желкемдету етістігінің қимыл атауы*

**ЖЕЛКЕМДЕУ** с ы н. *Аздап желемік, желтеңдеу.*

**ЖЕЛКЕМДІ** с ы н. *Желкемі бар, желкем тұрған.*

**ЖЕЛКЕМДІК** з а т. *Желділік, жел соққандық.*

**ЖЕЛКЕН**[1] з а т. **1.** *Кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керіп қойылатын қалың (ақ) мата.* **2.** а у ы с. *Арқасүйері, қамқоры.*

**Желкен етті.** *Бағыштады, арнады.* **Желкен жабдықтары.** *Жел энергиясын қабылдап, оны кеме жүргізуге жұмсайтын желкенді жабдықтауға қажет жабдықтар жиынтығы.* **Желкен қанат бұлғақ.** з о о л. *Тұщы суда өсетін балық.* **Желкен спорты.** с п о р т. *Желкенді қайықты басқаруда шеберлік сыналатын байырғы спорт түрлерінің бірі.*

**ЖЕЛКЕН**[2] з а т. б о т. *Бүршақгүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің гүліндегі 5 күлтенің ең үлкені.*

**ЖЕЛКЕН**[3] з а т. ө с. <лат. armoracia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЕЛКЕНБАУ** з а т. *Желкенді байлауға, бекітуге, жинауға арналған арқан бау.*

**ЖЕЛКЕНДЕЙ** с ы н. *Желкен сияқты, желкен тәрізді.*

**ЖЕЛКЕНДІ** с ы н. *Желкені бар.*

**Желкенді балық.** з о о л. <лат. istiophorus platypterus> *Алабұға тәрізділер отрядының желкенділер тұқымдасына жататын балық.* **Желкенді кеме [кемешік].** *Жел энергиясымен қозғалатын кеме (кемешік).* **Желкенді қайық.** *Үстіне желкен орнатылған, желкені бар су көлігі.* **Желкенді спорт.** с п о р т. *Желкенді қайықтармен, сондай-ақ, крейсерлік яхталармен өткізілетін спорттық жарыс түрі.*

**ЖЕЛКЕНШІ** з а т. **1.** *Желкен керуші (түсіруші).* **2.** с п о р т. *Желкенді қайықпен су спортымен айналысатын спортшы,*

**ЖЕЛКЕРМЕ** з а т. с п о р т. *Жоғарғы биіктіктен жерге секіріп түсу үшін шығарылған жиналмалы шатыры бар құрал, парашют.*

**Желкерме әткеншектері.** с п о р т. *Желкермешілерді жерге секіртіп үйретуге арналған құрал.* **Желкерме мұнарасы.** с п о р т. *Желкермешілерді жерге секіртіп үйрету үшін арнайы тұрғызылған мұнара.*

**ЖЕЛКЕРМЕШІ** з а т. с п о р т. *Желкермемен секіруші.*

**ЖЕЛКЕУДЕ** с ы н. *Даңғой, менмен.*

**ЖЕЛК-ЖЕЛК** е л і к. *Желкілдеген, желпілдеген қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Желк-желк етті.** *Желп-желп етті, желкілдеді.*

**ЖЕЛКӨЗ** з а т. э т н. *Көзі үлкен-үлкен етіп жасалған кереге.*

**Желкөз кереге.** *Ағашы сирек, бір қанатында 15-18 басы бар кереге.*

**ЖЕЛКӨКІРЕК** с ы н. *Өркөкірек, менмен.*

**ЖЕЛКІЛ** з а т. *Желк-желк еткен қимыл.* **Желкіл қақты.** *Желкілдеді, желп-желп етті.*

**ЖЕЛКІЛДЕ=** е т. **1.** *Желпілдеу, желп-желп ету.* **2.** *Тербелу, шайқалу.* **3.** а у ы с. *Өркендеу, жетілу.*

**ЖЕЛКІЛДЕК** с ы н. *Желбіреп тұрған, желпілдек.*

**ЖЕЛКІЛДЕТ=** е т. *Желп-желп еткізу, желкіл қақтыру.*

**ЖЕЛКІЛДЕТУ** *Желкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛКІЛДЕУ** *Желкілде етістігінің қимыл атауы; тербелу.*

**ЖЕЛҚАБАЗ** с ы н. с ө й л. ***Желғабыз.***

**ЖЕЛҚАБЫЗ**[1] з а т. в е т. *Түйенің жел тиіп ауруы.*

**ЖЕЛҚАБЫЗ**[2] с ы н. с ө й л. ***Желғабыз.***

**Желқабыз сөз.** с ө й л. ***Желғабыз сөз.***

**ЖЕЛҚАБЫҚ** з а т. в е т. *Жылқы ауруы.*

**ЖЕЛҚАЗЫҚ** з а т. қ о л ө н е р. *Киіз үйдің сырт жағына қағылатын арқан байланатын қазық.*

**ЖЕЛҚАЙЫҚ** з а т. *Керулі желкендерге әсер ететін жел күшімен қозғалатын қайық; желкенді қайық.*

**ЖЕЛҚАЙЫҚТАЙ** с ы н. *Желқайық сияқты, тұрақсыз, мың құбылған.*

**Желқайықтай жылмаңдады [лыпыды].** *Ауыздығымен алысу, тарпаңдау.*

**ЖЕЛҚОБЫЗ** з а т. м у з. *Үрлеп ойналатын музыкалық аспап.*

**ЖЕЛҚОМ** з а т. **1.** *Жауыр атқа салынатын ортасы (жауыр тұрған жері) ойылған тоқым.* **2.** *Жүк арту үшін түйенің арқасына (қомына) салынатын қалың киіз.* **3.** *Маса, сонадан қорғауға арналған жабын.*

**Желқом ер.** э т н. *Тоқым жабдығы қоса тігілген ер.*

**ЖЕЛҚОМДА=** е т. *Желқом салып ерттеу.*

**ЖЕЛҚОМДАЙ** с ы н. *Желқом сияқты, желқом тәрізді.*

**ЖЕЛҚОМДАУ** *Желқомда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛҚУАР** с ы н. с ө й л. ***Желөкпе.***

**ЖЕЛҚУЫҚ** с ы н. *Асау, мініс көрмеген.*

**ЖЕЛ-ҚҰЗ**[1] з а т. *Ішін тарта соққан жел, боран.*

**ЖЕЛ-ҚҰЗ**[2] з а т. *Жел ауруы; құяң.*

**ЖЕЛ-ҚҰЗДЫ** с ы н. *Жел-құз, бораны соғатын.*

**ЖЕЛ-ҚҰЗСЫЗ** сын. *Желі, бораны жоқ.*
**ЖЕЛҚҰЙРЫҚ** сын. *Жүйрік (ат).*
**ЖЕЛ-ҚҰЙЫН** зат. *Үйтқып соққан жел құйынды.*
**ЖЕЛҚҰСА** зат. *Шаншу, суық.*
**ЖЕЛҚҰЯҢ** зат. мед. *Суықтан белі шойырылып қалатын ауру.*
**ЖЕЛМАЗЫҚ** зат. *Жемшөп, мал азығы.*
**ЖЕЛМАЯ** зат. *Жалғыз өркешті жүйрік түйе, нар.*
**ЖЕЛМАЯДАЙ** сын. *Желмая сияқты, желмая тәрізді.*
**Желмаядай есті**. *Жылдам жүрді.*
**ЖЕЛМАЯЛЫ** сын. *Желмаясы бар, желмая мінген.*
**ЖЕЛМАЯША** үст. *Желмая тәрізді; желмаяға ұқсап.*
**ЖЕЛМІР** сын. *Әккі, көпті көрген.*
**ЖЕЛОРАЙ** зат. *Ашық есік, терезеден енген суық ауаның бөлмедегі жылы ауамен тоғысуы.*
**ЖЕЛӨКПЕ** сын. *Жеңілтек, алып-ұшпа, ұшып-қонба, елікпе. // Жеңілтек, алып-ұшпа адам.*
**Желөкпе сөз**. *Жеңіл-желпі айтылған бос сөз; жел сөз.*
**ЖЕЛӨКПЕЛЕН=** ет. *Желігу, желпіну.*
**ЖЕЛӨКПЕЛЕНДІР=** ет. *Желіктіру, еліктіру.*
**ЖЕЛӨКПЕЛЕНДІРУ** *Желөкпелендір етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛӨКПЕЛЕНУ** *Желөкпелен етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛӨКПЕЛЕУ** сын. *Жеңілтектеу, ұшқалақтау.*
**ЖЕЛӨКПЕЛІ** сын. *Желөкпесі бар, жеңілтек.*
**ЖЕЛӨКПЕЛІК** зат. *Алып-ұшпалық, жеңілтектік.*
**ЖЕЛП** елік. *Жел тұрғанда, самал ескендегі қысқа қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**Желп етті.** *Оқта-текте желпілдеді, желбеңдеді.*
**ЖЕЛПЕЙ** зат. сөйл. ***Желбіршек***.
**ЖЕЛПЕЙЛЕ** сын. сөйл. ***Желбіршекті***.
**ЖЕЛПЕКБАЙ** зат. сөйл. ***Желпеңбай***.
**ЖЕЛПЕКТЕ=** ет. *Желпек қағу, желпілдеу.*
**ЖЕЛПЕН** зат. *Жазда ыстықта киетін жеңіл бас киім.*
**ЖЕЛПЕҢ** елік. *Желп-желп еткен, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*
**Желпең етті [қақты].** а) *Желп-желп етті, желпеңдеді.* ә) *Елпілдеді, ұшқалақтады.*
**ЖЕЛПЕҢБАЙ** зат. экспр. *Жеңіл мінезді ұшқалақ адам.*
**ЖЕЛПЕҢДЕ=** ет. **1.** *Желп-желп ету, желпілдеу.* **2.** ауыс. *Елпеңдеу, ұшқалақтау, дегбірсіздену.*
**ЖЕЛПЕҢДЕТ=** ет. *Желп-желп еткізу.*
**ЖЕЛПЕҢДЕТУ** *Желпеңдет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПЕҢДЕУ** *Желпеңде етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПЕҢ-ЖЕЛПЕҢ** елік. *Желпілдеген, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*
**Желпең-желпең етті**. *Желпеңдеді, желпілдеді.*
**ЖЕЛП-ЖЕЛП** елік. *Желпең қаққан, жел қаққаннан болатын қимылды бейнелейтін сөз.* **Желп-желп етті.** *Желпеңдеді, желпілдеді, қалбалақ қақты.*
**ЖЕЛПУ** *Желпі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жел соғу, есу.* **2.** ауыс. *Жағымпаздану.*
**ЖЕЛПУІШ** зат. **1.** *Әйелдердің ыстықтан қорғану үшін желпіп қолданылатын бүктемелі әрі жиылмалы сәндік бұйымы.* **2.** жерг. *Жылқы құйрығын қысқа ағашқа бекітіп жасаған, маса, сона, шыбын-шіркейден қорғану үшін қолданылатын құрал.* **3.** тех. *Астықты ұшырып, қауызынан тазартатын мәшине. // Желпитін, желпуге арналған.*
**Желпуіш қанаттылар**. зоол. <лат. strepsiptere> *Дене тұрқы 2-3 см-дей, денесі бөліктерге бөлінген, үш жұп аяғы бар, алдыңғы қанаттары редукцияға ұшырап, артқы қанаттары ауқымды болып келетін жәндіктердің бір отряды.*
**ЖЕЛПУІШСІЗ** сын. *Желпуіші жоқ, желпуіш қолданбай.*
**ЖЕЛПІ=** ет. **1.** *Желдің баяу, жай соғуы; есу.* **2.** *Бір нәрсені сілкіп қалып ауа толқынын тудыру.* **3.** *Астықты (дәнді) шаң-тозаңынан арылту, тазарту.* **4.** *Құстың қанат қағуы.* **5.** ауыс. *Дүрілдету, екпіндету.*
**ЖЕЛПІГІШ** зат. сөйл. ***Желпуіш***.
**ЖЕЛПІЛ** зат. *Жел соғу, жел қағудан болатын қимыл.*
**Желпіл қақты.** *Желпілдеді.*
**ЖЕЛПІЛДЕ=** ет. **1.** *Желп-желп ету, желбіреу.* **2.** ауыс. *Жаны қалмай елпілдеу.*
**ЖЕЛПІЛДЕК**[1] зат. сөйл. өс. ***Желайдар***.
**ЖЕЛПІЛДЕК**[2] сын. **1.** *Желпілдегіш, желбірегіш.* **2.** ауыс. *Жеңілтек, жеңіл жүрісті.*
**ЖЕЛПІЛДЕС=** ет. *Мәз болысу, қуанысу.*
**ЖЕЛПІЛДЕТ=** ет. *Желп-желп еткізу, желбірету.*
**ЖЕЛПІЛДЕТУ** *Желпілдет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПІЛДЕУ** *Желпілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желп-желп ету, желбіреу.* **2.** ауыс. *Желігу, желік қуу.*
**ЖЕЛПІЛТ=** ет. сөйл. ***Желпілдет***.
**ЖЕЛПІН=** ет. **1.** *Желпілдеу, желбіреу.* **2.** *Салқындау, тыныстау, терін басу.* **3.** ауыс. *Көңілі көтерілу, сергу, серпілу.* **4.** ауыс. *Желігу, қызбалану.* **5.** ауыс. *Жеңілтектену.*
**ЖЕЛПІНГІШ** сын. *Желіккіш, лепіргіш.*
**ЖЕЛПІНДІР=** ет. **1.** *Сергіту, серпілдіру.* **2.** ауыс. *Желіктіру, еліктіру.*
**ЖЕЛПІНДІРУ** *Желпіндір етістігінің қимыл атауы; сергіту.*
**ЖЕЛПІНТ=** ет. **1.** *Желпілдету, желбірету.* **2.** ауыс. *Сергіту, серпілту.*
**ЖЕЛПІНТУ** *Желпінт етістігінің қимыл атауы; серпілту.*
**ЖЕЛПІНУ** *Желпін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желпілдеу.* **2.** *Салқындау, тыныстау.* **3.** ауыс. *Сергу, серпілу.* **4.** ауыс. *Желігу.*
**ЖЕЛПІНУЛІ** сын. *Желпінген, елігіп-желігіп алған.*
**ЖЕЛПІНШЕК** зат. сөйл. ***Желбір***.
**ЖЕЛПІНШЕКТІ** сын. *Желпіншегі бар, желбірлі.*
**ЖЕЛПІНІҢКІРЕ=** ет. *Аздап желпіну, желігу.*
**ЖЕЛПІНІҢКІРЕУ** *Желпініңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПІНІС** зат. *Демалыс, ауаға шығып тыныстау.*
**ЖЕЛПІНІС=** ет. **1.** *Желпілдесу.* **2.** *Салқындау, тер басу.* **3.** ауыс. *Көңіл көтерісу, бірге сергу.*
**ЖЕЛПІНІСУ** *Желпініс етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПІҢКІРЕ=** ет. *Аз-аздап желпу.*
**ЖЕЛПІҢКІРЕУ** *Желпіңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПІП-ЖЕЛПІП** үст. *Дамыл-дамыл желпіп.*
**ЖЕЛПІТ=** ет. **1.** *Жел қақтыру.* **2.** ауыс. *Сергіту, серпілту.* **3.** ауыс. *Желіктіру, қоздыру.*
**ЖЕЛПІТУ** *Желпіт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛПІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта желпу.*
**ЖЕЛСӘУІР** зат. жерг. *Жаумай желдетіп өте шыққан бұлт.*
**ЖЕЛСІЗ** сын. *Жел жоқ, жел соқпаған.*
**Желсіз күндей**. *Тып-тыныш, бейқам.* **Желсіз теңіздей**. *Тынық, жайбарақат.*
**ЖЕЛСІЗ-ЖЕЛЕУСІЗ** сын. *Тыныш жатқан, бейбіт.*
**ЖЕЛТАБАН** сын. **1.** *Өрен жүйрік.* **2.** ауыс. *Тілалғыш, елгезек.*
**ЖЕЛТАҚЫМ** сын. *Шабандоз.*
**ЖЕЛТАРТҚЫШ** зат. тех. *Ауа жаңартқыш қондырғы.*
**ЖЕЛТЕҢ** сын. сөйл. **1.** ***Желкем***. **2.** ауыс. *Жеңіл мінезді.*
**ЖЕЛТЕҢДЕУ** сын. сөйл. ***Желкемдеу***.
**ЖЕЛТИІРМЕН** зат. сөйл. ***Желдиірмен.***
**ЖЕЛТОҚСАН** зат. <лат. december> *Қазақша он екінші айдың аты.*
**Желтоқсан желі.** тар. экспр. *Желтоқсан көтерілісі.* **Желтоқсан көтерілісі [оқиғасы].** тар. *1986 жылдың 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің тоталитарлық отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық көтерілісі.*
**ЖЕЛТОҚСАНДАЙ** сын. сөйл. *Желтоқсан айындай суық, салқын.*
**ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР** зат. тар. *1986 жылғы Қазақстандағы тоталитарлық отаршыл жүйеге қарсы болған, желтоқсан көтерілісіне қатысқандар.*
**ЖЕЛТОҚЫМ**[1] зат. вет. *Жылқының ыстық-суықты жіберілуінен болатын ауруы; ісік.*
**ЖЕЛТОҚЫМ**[2] зат. *Жауыр атқа салатын ортасы ойық тоқым.*
**ЖЕЛТОСАР** зат. *Қалқанша, кіреберіс.*
**ЖЕЛТҰЯҚ** сын. *Желаяқ, ұшқыр.*
**ЖЕЛТІРЕКТЕ=** ет. жерг. *Жеңілдену, сыртқы киімдерін шешу.*
**ЖЕЛТІРЕКТЕУ** *Желтіректе етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЕЛУ** *Жел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаппай, аяңдап жүру.* **2.** *Көсілу, шешіліп сөйлеу.*
**ЖЕЛҮШЫҚ** зат. *Жел тиюден пайда болатын бөртпе.*
**ЖЕЛШЕ** үст. *Жел тәрізді, жел секілді.*
**ЖЕЛШЕШЕК** зат. мед. *Жұқпалы бөртпе ауруы.*
**ЖЕЛІ**[1] зат. **1.** этн. *Ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл, не кендір арқан.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің ұзын-ырғасы, бір-бірімен байланыстылығы, сабақтастығы.* **3.** ауыс. *Негіз, өзек, арқау.* **4.** ауыс. тех. *Жүйе, торап.* **5.** инф. *Мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін, бір-бірімен мәлімет алмасу мүмкіндіктерімен байланысқан жұмыс стансылары, коммутация тораптары, серверлер және т.б. құрылғылар жиынтығы.*
**Желі абоненті.** инф. *Желіге қосылған компьютер немесе басқа құрылғы.* **Желі арқан.** этн. *Желіге арналып есілген жуан арқан.* **Желі архитектурасы.** инф. *Компьютерлік желінің логикалық түрде ұйымдастырылуы және оның жұмыс істеу принциптері.* **Желі басқару жүйесі.** инф. <ағыл. network management> *Мәлімет жеткізу торабында басқару, мониторинг және әкімшілік жасау үшін қолданылатын жабдықтар мен бағдарламалар жүйесі.* **Желі бойы**. *Желінің ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Желі бойы жер алды.** фольк. *Тартылған желі ұзындығындай жерге жетті.* **Желі етті.** *Негізгі өзек, жүйе қылды.* **Желі мандам.** вет. *Жылқы жұқпалы ауруының бастапқы кезеңі.* **Желі өрнегі.** қолөнер. *Оюлар мен өрнектердің арасын қосып байланыстыратын өрнек түрі.* **Желісіне мал айналды**. *Мал бітті, қазығына мал байланды.* **Желісін үзді**. *Өз бетімен еркіне кетті.* **Желі тартарың көбейсін!** тілек. *Құлынды желіге алғаш байларда айтылатын сөз.* **Желі шашу.** этн. *Бие бауда, бие байланған күні шашылатын шашу.*
**ЖЕЛІ**[2] зат. геол. *Екі бағытта біршама ұзақ қашықтықтарға сағаланатын, жер қыртысына тән жарықтардың минералдық*

*заттармен толуынан не жарықтар бойынша таужыныстардың орнын минералдық заттардың метасоматоздық алмастыруынан пайда болған геологиялық дене.*

**ЖЕЛІАРАЛЫҚ: желіаралық байланыс құрылғысы.** инф. *Бірнеше жергілікті желілерді немесе бір желіге кіретін, бірақ әртүрлі хаттама түрлерін пайдаланатын бірнеше сегменттерді біріктіретін құрылғы.*

**ЖЕЛІБАУ** зат. *Балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін ұзын шыжым жіп.*

**ЖЕЛІГУ** *Желік етістігінің қимыл атауы; елігу, еліру.*

**ЖЕЛІГІҢКІРЕ=** ет. *Аз-аздап желігу, елігіңкіреу.*

**ЖЕЛІГІҢКІРЕУ** *Желігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІГІП-ЖЕЛПІНІП** үст. *Бірдемеге елігіп, көтеріліп.*

**ЖЕЛІГІС=** ет. *Желік қағысу, еліру, желпінісу.*

**ЖЕЛІГІСУ** *Желігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІДЕЙ** сын. *Желі сияқты.*

**ЖЕЛІК**[1] зат. **1.** *Елігушілік, еліктеушілік; желпініс.* **2.** ауыс. *Қызбалық, қызулық.*

**Желігі басылмады**. *Екпіні, қызуы қайтпады; тасыған көңілі қайтпады.* **Желігін басты**. *Бетін қайырды, тоқтатты.* **Желік бітті**. *Желігуді шығарды, желік пайда болды.* **Желік қысты**. *Желігі ұстады, елргісі келді.* **Желік үміт.** поэт. *Алып-ұшқан ой-арман.*

**ЖЕЛІК**[2] зат. өс. *Сабағы тік, сабақ түбіндегі жапырақтары ірі, сопақша, шаршыгүлділер тұқымдасына жататын бақшалық өсімдік.*

**ЖЕЛІК=** ет. **1.** *Бірдемеге елігу, еліру, қызу.* **2.** *Құмарлану, әуестену.*

**ЖЕЛІКБАС** сын. сөйл. *Елірме, желік қуған.*

**ЖЕЛІКҚҰМАР** сын. *Желіккіш.*

**ЖЕЛІКПЕ** сын. *Еліргіш, елікпе, жеңіл мінезді.*

**ЖЕЛІКПЕЛІ** сын. *Желікпесі бар.*

**ЖЕЛІКПЕЛІК** зат. *Желігушілік, еліріп кетушілік.*

**ЖЕЛІКТЕН=** ет. *Желігу, желік пайда болу, елігу, еліру.*

**ЖЕЛІКТЕНУ** *Желіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІКТЕС=** ет. *Біте қайнасу, жарасу.*

**ЖЕЛІКТІ** сын. *Желігі бар, желік беретін.*

**ЖЕЛІКТІР=** ет. *Еліктіру, елірту, желік қудыру.*

**ЖЕЛІКТІРУ** *Желіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІКТІРУШІ** зат. *Еліктіруші, қолпаштаушы, көтермелеуші.*

**ЖЕЛІКШІЛ** сын. *Желігуге құмар; сауықшыл, қызықшыл.*

**ЖЕЛІҚАҒАР** зат. этн. *Жаңадан бие байлаған күні беретін ас-су, кәде.*

**ЖЕЛІЛЕ=** ет. **1.** *Желіге байлау, желі тарту.* **2.** ауыс. *Ұзақ әңгіме шерту.*

**ЖЕЛІЛЕН=** ет. *Желі болып тартылу; бір-бірімен байланысу, сабақтасу.*

**ЖЕЛІЛЕНУ** *Желілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІЛЕС** сын. **1.** *Бір желіде тұрған.* **2.** ауыс. *Сабақтас, жалғас, өзектес.*

**ЖЕЛІЛЕС=** ет. *Бір желіге байланған, бірге тартылған.*

**ЖЕЛІЛЕСУ** *Желілес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІЛЕТ=** ет. *Сабақтастыру, байланыстыру.*

**ЖЕЛІЛЕТУ** *Желілет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІЛІ** сын. *Желісі бар; бір-біріне байланысты, жүйелі.*

**Желілі жыныстар**. геол. *Жер қыртысында желі немесе сығылма түрінде орналасқан магмалық тау жыныстары.*

**ЖЕЛІЛІК** сын. инф. *Желіге арналған, бір желідегі.*

**Желілік ақпараттық орталық.** инф. <ағыл. network information center> *Желі жұмысын сүйемелдейтін және оны мәліметтермен қамтамасыз ететін орталық.* **Желілік бейімдеуіш.** инф. *Компьютерді желіге қосатын құрылғы.* **Желілік диск.** инф. <ағыл. network disk> *Есептеу желісінде бірнеше пайдаланушы мен бірнеше есептеу мәшинесі бір уақытта жұмыс істей алатын диск.* **Желілік орта.** инф. *Желіге қосылған жүйедегі барлық нысандарды көрсететін компьютер терезесі.* **Желілік тақта.** инф. *Желілік бейімдеуіш.* **Желілік хаттама.** инф. <ағыл. network protocol> *Желіге қосылған компьютерлерге бір-бірімен байланыс құруға және желі бойынша мәліметтерді жеткізуге мүмкіндік беретін хаттама.*

**ЖЕЛІЛІЛЕР** зат. зоол. <лат. chordata> *Арқа тұсында ұзына бойы созылып жатқан арқа желісі бар жануарлар дүниесінің ең жоғары типі.*

**ЖЕЛІМ** зат. *Бір нәрсені екінші нәрсеге, затты затқа жабыстыру үшін пайдаланылатын қоймалжың зат.*

**Желім жеп, у ішті**. *Ішкені бойына сіңбеді, азап шекті.*

**ЖЕЛІМАЙЛАУ** зат. этн. *Сауын малдың төлі байланатын желі алғаш қазық қағылып, арқан тартылғанда «ақ көп, мал сүтті болсын» деген тілекпен желі арқанына айран құйып, қазығын майлау рәсімі.*

**ЖЕЛІМДЕ=** ет. *Бір нәрсені желім жағып жабыстыру, ұстату.*

**ЖЕЛІМДЕГІШ** сын. *Жапсырғыш, ұстатқыш. // Жапсырғыш зат.*

**ЖЕЛІМДЕЙ** сын. *Желім сияқты жабысқыш, жабысқақ.*

**Желімдей былжырау**. *Көп сөйлеу, мылжыңдау.* **Желімдей жабысты.** *Жармаса кетті, айырылмады.*

**ЖЕЛІМДЕЛ=** ет. *Желім жағылу, жабыстырылу.*

**ЖЕЛІМДЕЛУ** *Желімдел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІМДЕН=** ет. *Жапсырылу, желім жағылу.*

**ЖЕЛІМДЕНГІШТІК** зат. *Жабысуға немесе адгезияға қабілеттік.*

**ЖЕЛІМДЕНУ** *Желімден етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІМДЕС=** ет. *Жабысу, мықтап беку, ажырамау.*

**ЖЕЛІМДЕСТІР=** ет. *Жабыстыру.*

**ЖЕЛІМДЕСТІРУ** *Желімдестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІМДЕСУ** *Желімдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІМДЕТ=** ет. *Желім жақтыру, жабыстырту.*

**ЖЕЛІМДЕТУ** *Желімдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІМДЕУ** *Желімде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желіммен жабыстыру, ұстату.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені шешімін тауып қиюластыру, реттеу.*

**ЖЕЛІМДЕУЛІ** сын. *Желім жағылған, желімделген, жапсырулы.*

**ЖЕЛІМДІ** сын. *Желімденген, желім жағылған.*

**ЖЕЛІМСАБАҚ** зат. өс. <лат. melandrium> *Қалампыр тұқымдасына жататын сабағы тік, биіктігі 20 см-ден 80 см-ге дейін жететін, сабағын, жапырағын, гүлсидамын, тостағаншасын желім тәрізді жабысқақ түк басқан көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЕЛІМТЕК**[1] зат. *Бидай, қара бидай және басқа кейбір дәнді дақылдарда болатын белоктық зат.*

**ЖЕЛІМТЕК**[2] сын. сөйл. ***Жабысқыш***.

**ЖЕЛІМШЕ** үст. *Желім құсап, желім сияқты.*

**Желімше жабысты**. *Жабысып, айырылмай қойды.*

**ЖЕЛІН** зат. анат. <лат. uber> *Сүттің түзілуін және оның бөлінуін қамтамасыз ететін, сүтқоректі жануарларға тән тері безі.*

**Желін жамбы.** зерг. *Желін үлгісінде құйылған сом күміс.* **Желін саба.** а) *Желіннің сыртқы терісі; төрт түлікке ортақ атау.* ә) *Бие желінінің сыртқы терісі, сыртқы қабы.* **Желін сабасын салыпты.** *Биенің желіні біліне бастаған, желіндей бастаған кезі, кешікпей құлындайды деген ұғымды білдіреді.* **Желіні бүтына сыймады.** бейн. *Сиырдың желіні сүтке толып, тырсылдады.* **Желіні жақындады.** *Малдың төлдейтін күніне аз қалды.* **Желіні жер сызады.** *Сүтті, желіні үлкен (сиыр).* **Желіні [емшегі] сыздады.** *Сауын малдың емшегін сүт керնеді, сүтке толды.*

**ЖЕЛІН=** ет. **1.** *Ас ішілу.* **2.** *Тоза бастау, кертілу.*

**ЖЕЛІНГІШ** сын. *Жақсы желінетін, жұғымды.*

**ЖЕЛІНДЕ=** ет. **1.** *Буаз малдың төлдеу алдындағы сүт безінің толып, толысуы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің пісіп-жетілуі, толығуы.*

**ЖЕЛІНДЕУ** *Желінде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІНДІ** сын. *Желіні үлкен, сүтті.*

**ЖЕЛІНҚАП** зат. этн. *Желіні жарылмас үшін, төлі ембес үшін арнайы жұмсақ матадан тігілген қап, жапқыш.*

**ЖЕЛІНҚҰРТ** зат. *Биенің желіні ісіп, тесіліп ауыратын ауруы.*

**ЖЕЛІНСАБА** зат. *Бие желінінің сыртқы қабы, сыртқы терісі.*

**ЖЕЛІНСАДАҚА** зат. этн. *Мал төлдеп жатқан кезде төл көп еріп, мал аман болуын ырымдап, таратын гұрыптық ас.*

**ЖЕЛІНСАУ** зат. вет. <лат. mastitis> *Желіннің жарақаттануы, тазалық сақтамау, дұрыс саумау, жұқпалы аурулар т.б. себептерге байланысты желіннің қабынуы. // Түк пайдасы жоқ, нашар, жұғымсыз.*

**ЖЕЛІНСІЗ** сын. сөйл. *Сүтсіз, желінденбеген, сүт жиналмаған.*

**ЖЕЛІНУ** *Желін етістігінің қимыл атауы; ас ішілу.*

**ЖЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Аздап, ақырындап желу, желе түсу.*

**ЖЕЛІҢКІРЕУ** *Желіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕЛІП-ЖОРТЫП** үст. *Бірде желіп, бірде жортып.*

**ЖЕЛІС**[1] зат. *Аттың шабуға жақын қатты жүрісі.*

**ЖЕЛІСАБАҚ** зат. бот. *Жерге жайылып төселіп, ұзарып өсетін жұмсақ, өте нәзік сабақ.*

**ЖЕЛІСКЕР** сын. *Жақсы желетін, желгіш, желісті.*

**ЖЕЛІСКЕРЛІК** зат. *Жақсы желгіштік.*

**ЖЕЛІСҚОР** сын. сөйл. ***Желіскер***.

**ЖЕЛІСТІ** сын. *Жақсы желетін, желгіш, желіскер.*

**ЖЕЛІСТІК** сын. сөйл. *Қатты желетін.*

**ЖЕЛІСТІЛІК** зат. *Желгіштік, желіскерлік.*

**ЖЕЛІСІЗ** сын. **1.** *Желісі жоқ, желі тартылмаған.* **2.** *Жүйесіз, байланыссыз.*

**ЖЕЛІШЕ** үст. *Желі тәрізді, желі сияқты.*

**ЖЕМ** зат. **1.** *Арпа, сұлы, бидай сияқты құрғақ мал азықтарының (шөптен басқа) жалпы атауы.* **2.** *Аң, құс, балық атаулының тамағы, азығы.*

**Жем [жемтік] аңдыды.** *Құлқынын көздеді.* **Жем аулады.** *Қорегін қолға түсірді, ұстады.* **Жем болды.** а) *Біреуге тәуелді болды, жетегінде кетті.* ә) *Біреуге олжа болды.* **Жемге байлады.** *Малға жем беріп семіртіп, бордақылады.* **Жем қылды [етті].** *Олжа етті, пайдаланды.*

**ЖЕМАЗЫҚ** з а т . *Мал қорегі, азықтық заттар.*

**Жемазық булау**. м а л ш а р. *Малды қоректендірмес бұрын жемді жылыдай өңдеу.*

**ЖЕМАЯҚ** з а т . с а я т. *Бүркіттің жемін тұрап, жуып беру үшін қолданылатын ыдыс.*

**ЖЕМБАСАР** з а т . *Қыран құстың тегеурінге қарсы біткен алдыңғы үш тырнағы.*

**Жембасардан айырылды**. *Тегеуріні қайтты, күш-қуаты азайды.*

**ЖЕМБҰРШАҚ** з а т . а у ы л ш а р. *Малға азықтық бұршақ.*

**ЖЕМДЕ=** е т . **1.** *Жем беру, жем жегізу, азықтандыру.* **2.** *Қармаққа жем ілу.* **3.** а у ы с . *Жерді құнарландырып, суарып, күтім жасап, егін егу.* **4.** а у ы с . *Бір пәлеге айдап салу, біреудің аузын алу.*

**ЖЕМДЕЛ=** е т . *Жем берілу.*

**ЖЕМДЕЛУ** *Жемдел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМДЕН=** е т . *Қоректену, жем жеу.*

**ЖЕМДЕНУ** *Жемден етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМДЕС** з а т . *Ымы-жымы бір, параға ортақтас.*

**ЖЕМДЕС=** е т . *Жем берісу.*

**ЖЕМДЕСУ** *Жемдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМДЕУ** *Жемде етістігінің қимыл атауы; жем беру.*

**ЖЕМДЕУШІ** з а т . *Жем беруші.*

**ЖЕМДОРБА** з а т . *Атқа жем беру үшін қолданылатын, кенептен, қалың матадан, талдырып басқан жұқа киізден тігілген бауы бар дорба.*

**ЖЕМДІК** с ы н . *Жем боларлық, жемге арналған.*

**Жемдік қоспалар**. ***Қоспажем***. **Жемдік организмдер**. *Қоректік организмдер.* **Жемдік тамыр.** б о т . ***Тамыржеміс.***

**ЖЕМЕДЕ: ит жемеде.** *Қорлықта, азапта.*

**ЖЕМЕ-ЖЕМ: жеме-жемге алды.** *Ортаға алды, кеу-кеуледі, қыстады.* **Жеме-жемге келгенде.** *Мезгілі жеткенде, дәл уақтысында, дер кезінде.* **Жеме-жем шақта**. *Дер кезінде, қысылтаяңда.*

**ЖЕМЕ-ЖЕМДЕ** ү с т . *Дәл уақтысында, дер кезінде.*

**ЖЕМЕКІЛ** з а т . *Бірнеше адам ойнайтын асық ойыны.*

**ЖЕМЕЛЕК** з а т . с ө й л . *Өрілген бұрым ұшын бекітетін жіп, бау, лента.*

**ЖЕМЕЛТАЙ** з а т . ***Жемелек.***

**ЖЕМЕҢГЕР** з а т . *Елді қанап-сорушы, жемқор, парақор.*

**ЖЕМЖЕМІЛ** з а т . к ө н е . *Шөп тамырынан алынған дәрі.*

**ЖЕМКЕРЛІК** з а т . с ө й л . ***Жемқорлық***.

**ЖЕМҚОР** с ы н . **1.** *Жем тілегіш, жемшіл.* **2.** а у ы с. *Парақор, пара алғыш.*

**ЖЕМҚОРЛЫҚ** з а т . **1.** *Жемпаз болушылық; мешкейлік.* **2.** з а ң . <лат. corruptio> *Мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.* **3.** а у ы с. *Біреудің еңбегін жегіштік, парақорлық.* // *Жемқор, пара алғыш.*

**ЖЕМҚҰМАР** с ы н . ***Жемқор***.

**ЖЕМПАЗ** с ы н . **1.** *Көп жегіш, мешкей, қомағай.* **2.** а у ы с . *Парақор, пара алғыш, біреудің еңбегін қанағыш.* // *Парақор, жегіш адам.*

**ЖЕМПЕЙЛЕС=** е т . *Әмпей-жәмпей болу, тіл табысу.*

**ЖЕМПІР** [ағылш. jumper] з а т . *Иірілген жіптен тоқылған жылы киім.*

**ЖЕМСАУ**[1] з а т . а н а т . <лат. ingluvies> **1.** *Құстың жеген жемі тұратын, жиналатын, сіңірілетін орны; бөтеге.* **2.** *Көптеген омыртқасыз жануарлардың (моллюскілер, құрттар, жәндіктер) өңешінің кеңейген жері.* **3.** а у ы с . э к с п р. *Қарын, құлқын.*

**ЖЕМСАУ**[2] з а т . м е д . *Кеңірдек, қалқанша безінің ісіп ауруы.*

**ЖЕМСАУЛЫ** с ы н . **1.** *Алқымы үлкен, бұғақты.* **2.** а у ы с . *Жемсауы үлкен.* **3.** *Ашқарақ, қомағай.*

**ЖЕМСАУЫТ** з а т . *Дала құстарына жем салуға арналған ыдыс.*

**ЖЕМСЕ=** е т . *Жемсіну, жем тілеу.*

**ЖЕМ-СУ** з а т . *Малдың ішіп-жемі, қорегі.*

**ЖЕМСІЗ** с ы н . *Жемі жоқ, жем салынбаған.*

**ЖЕМСІРЕ=** е т . *Жем жегісі келу, жем іздеу, жемтік қарау.*

**ЖЕМСІРЕУ** *Жемсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМТАМЫР** з а т . б о т. *Өсімдіктердің білеуленіп жуандап кеткен тамыры.*

**ЖЕМТҮСУ** з а т . в е т. *Жылқы тұяғының іріңсіз қабынуы.*

**ЖЕМТІК** з а т . **1.** *Жыртқыш атаулының (құс, аң, т.б.) жемі, азығы, тамағы.* **2.** *Арам өлген мал етінің қалдығы, өлексе.*

**Жемтікке қонған күшігендей**. *Дайынға тап беріп, ел ырысын шайқап жеген жемқор адам туралы айтылады.*

**ЖЕМТІК-ЖЕМТІК** с ы н . *Жұлым-жұлым, жыртық-жыртық.*

**ЖЕМТІКҚОР** с ы н . ***Жемқор***.

**ЖЕМТІКТЕЙ** с ы н . *Жемтік сияқты, жемтік тәрізді.*

**ЖЕМТІКТЕС** с ы н . **1.** *Жемтігі бір, жемдес.* **2.** а у ы с . *Бірігіп жеген, сыбайлас.*

**ЖЕМТІКШЕ** ү с т . *Жемтік сияқты.*

**ЖЕМТІКШІ** з а т . ж а ғ ы м с ы з . *Жемқор, парақор адам.*

**ЖЕМТІКШІЛ** с ы н . *Жемтікке құмар.*

**ЖЕМТІР** с ы н . *Жұлма-жұлма, тозған.*

**ЖЕМТІР-ЖЕМТІР** с ы н . ж е р г . *Жұлма-жұлма, арса-арса.*

**ЖЕМТІРІЛ=** е т . *Жемірілу, жыртылу, тозу.*

**ЖЕМТІРІЛГЕН** с ы н . ж е р г . *Қырқылған, жыртылған, тозған.*

**ЖЕМТІРІЛУ** *Жемтіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМХАНА** з а т . *Малдың жемін сақтайтын орын.*

**ЖЕМШӨП** з а т . *Мал азықтандыруға пайдаланатын өнімдер.*

**Жемшөп араластырғыш**. а у ы л ш а р . *Жемшөп қоспасын араластыратын қондырғы.* **Жемшөп булағыш**. т е х . *Мал азығын булап, жұмсартып, жұғымды азық дайындайтын мәшине.* **Жемшөп дақылдары**. а у ы л ш а р . *Ауыл шаруашылық малдарын азықтандыру үшін өсірілетін дақылдар.* **Жемшөп комбайны**. а у ы л ш а р . *Жабайы табиғи шөптерді, екпе дақылдарды (күнбағыс, жүгері) жинап, ұнтақтап, көлікке тиеуші мәшине.* **Жемшөп өлшемі**. а у ы л ш а р . *Мал азығының қоректік бағасының өлшемі. Ондай өлшем үшін 1 кг сұлының қоректілігі алынады.* **Жемшөп өндіру**. а у ы л ш а р . *Мал азығын өндіру, дайындау, өңдеу және сақтауға қатысты ұйымдастыру, шаруашылық және технологиялық шаралар жүйесі.* **Жемшөп таратқыш**. а у ы л ш а р . *Науаға салынған шөп сабағын, сусымалы, сығымдалған, құрғақ, шырынды жемшөпті тарататын мәшине.*

**ЖЕМШӨПТІК** с ы н . *Жемшөп боларлық, жемшөпке жарамды.*

**Жемшөптік ауыспалы егіс**. а у ы л ш а р . *Құрамындағы жемшөптік дақылдар егіс көлемінің 50 % шамасынан көп мөлшерде өсірілетін ауыспалы егістің бір түрі.*

**ЖЕМШІК** о р . з а т . с ө й л . ***Жәмшік***.

**ЖЕМШІЛ** с ы н . *Жемқор, парақұмар.*

**ЖЕМІ: ит жеміге тастады [ит жемі қылды].** *Тастандыға (садақаға) шығарды, қараусыз қалдырды; өлімші етті, қорлады, азапқа салды.*

**ЖЕМІЛ=** е т . *Жемірілу, үгілу.*

**ЖЕМІЛУ** *Жеміл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМІН=** е т . *Ентелеу, еміну.*

**ЖЕМІНДІК: мал жеміндік.** *Малға жем боларлық, жемдік.*

**ЖЕМІР** с ы н . **1.** *Жайып қойған кірді, үйдің бау-шуын т.б. заттарды шайнап, жеп қоятын (мал).* **2.** а у ы с . *Жалмағыш.*

**Жемір жасушалар**. б и о л . <лат. macrophagi, грек. makros – үлкен, ірі, phagein – обу, жеміру> *Организмге түскен бактериялар мен басқа белоктік бөгде заттарды қармап, оларды қорытуға қабілетті жасушалар.* **Жемір орта**. *Химиялық, электрхимиялық және гидрометаллургиялық әсерлердің нәтижесінде металдарды тотығуға ұшырататын немесе осы процесті тездететін орта (қышқыл, тұз ерітінділері және газдар).*

**ЖЕМІР=** е т . **1.** *Біртіндеп бітіру, аз-аздан құрту; мүжу.* **2.** а у ы с . *Сыздықтата ішу, жұту, сіміру.*

**ЖЕМІРЛІК** з а т . *Жемір болушылық, бір қатты дененің екінші қатты денемен үйкелісуі кезіндегі қажығыштық және мүжігіштік қабілеті.*

**Жемірлікке қарсы өңдеу.** ф и з. *Металл бұйымдарын коррозиядан сақтау үшін коррозияға төзімді басқа металл балқымамен қаптау.*

**ЖЕМІРСУ** з а т . с у ш а р . *Өз құрамындағы тұздар мен газдардың әсерімен бетон мен металдан жасалған материалдарды т.б. құрылыстарды, жабдықтарды бұзып ірітетін, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қолайсыз әсер ететін су.*

**ЖЕМІРУ** *Жемір етістігінің қимыл атауы; бірте-бірте құртып тауысу, қыспаққа алу, қажыту.*

**ЖЕМІРІЛ=** е т . **1.** *Мүжілу, қажалып түсу.* **2.** *Қоршаған ортаның әсерінен металдардан жасалған бұйымдардың өздігінен бүліну процесі.*

**Жемірілмейтін құйма**. к е н . *Құрамына жемірілуге қарсы берік хром, никель, мыс, вольфрам, молибден және т.б. металдар араласқан құйма.*

**ЖЕМІРІЛУ** *Жеміріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕМІС** з а т . <лат. fructus> **1.** *Ағаштар мен сабақты мәдени және жабайы өсімдіктердің басына шығатын өнімі, миуасы.* **2.** б и о л. *Гүл аналығының жұмыртқа жасушасы ұрықтанғаннан кейін түзілетін жабық тұқымды өсімдіктердің көбею мүшесі.* **3.** а у ы с . *Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы.* **4.** а у ы с . *Ырыс, несібе, ризық.*

**Жеміс ағашы.** *Жеміс өндіру мақсатымен қолдан өсірілетін және жабайы (көп жылдық) өсетін ағаштар, бұталар.* **Жеміс бермеді.** *Нәтиже шықпады.* **Жеміс дақылдары**. *Жемісі, жидегі, жаңғағы үшін қолдан өсірілетін өсімдіктер тобы.* **Жеміс жапырақшасы**. б о т. *Өсімдіктің түйіндейтін жапырағы.* **Жеміс жемірлері**. з о о л . *Екпе өсімдіктердің жемісін зақымдап, үлкен зиян келтіретін ұсақ көбелектер тұысы.* **Жеміс көшеті**. *Жеміс және жидек дақылдарының тұқымынан өсірілген немесе ұластырылған екпе шыбықтар.* **Жеміс күйесі**. з о о л . <лат. hyponemeuta podellus> *Жеміс ағаштарын зақымдайтын зиянды көбелек.* **Жемістің қоңыр кенесі**. з о о л . *Алма, шие, алхоры, шабдалы, бадам, алмұрт сияқты*

*жеміс ағаштарын зақымдайтын кененің түрі.* **Жемістің қызыл кенесі**. зоол. *Алмұрт, шие, әсіресе алма мен алхорыны қатты зақымдайтын зиянкес кене.* **Жеміс шыбыны**. зоол. < лат. drosophilidae> *Қос қанаттылар отрядына жататын жәндіктердің бір тұқымдасы.* **Жеміс шырыны**. *Жеміс тіндерінде, клеткаларында және қуыстарында болатын сұйықтық.* **Жеміс шірігі**. *Monilia туысына жататын саңырауқұлақтар тудыратын жеміс ағаштарының ауруы.* **Жемісін жеді [татты]**. *Қызығын (пайдасын) көрді.* **Жемісін көрді [көзбен көрді].** *Нәтижесі болар шаққа, жүзеге асар шаққа жетті.*

**ЖЕМІС-ЖИДЕК** зат. *Бау-бақша өсімдіктері өнімінің жалпы атауы.*

**Жеміс-жидек өсіру**. *Жеміс ағашының морфологиялық құрылысы, өсуі, дамуы, өнуі, жемістенуі және агротехникасы туралы ғылым.* **Жеміс-жидек шаруашылығы**. *Жеміс-жидек дақылдарын өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының саласы.* **Жеміс-жидек шырыны.** *Жеміс-жидек өсімдігінің жемісін сығу арқылы дайындалатын өнім.*

**ЖЕМІССАБАҚ** зат. бот. *Жемісті ұстап тұратын сабақтың бір бөлігі.*

**ЖЕМІССЕРІК** зат. бот. <грек. pericarpium peri – жанында, carpos – жеміс> *Өсімдік гүлінің аналығы ұрықтанған соң жатын бөлімінің қабырғасынан түзілетін өсімдік мүшесі.*

**ЖЕМІССІЗ** сын. **1.** *Жемісі жоқ.* **2.** ауыс. *Нәтижесіз, қорытындысыз.*

**ЖЕМІСТЕ=** ет. сөйл. *Жеміс беру.*

**ЖЕМІСТЕЙ** сын. *Жеміс сияқты.*

**ЖЕМІСТЕНДІРУШІ** зат. **1.** *Жеміс беруші.* **2.** ауыс. *Жалғастырушы, ұрпақ беруші.*

**ЖЕМІСТІ** сын. **1.** *Жемісі мол, жемісі бар.* **2.** ауыс. *Нәтижелі, өнімді, қорытындысы бар.*

**Жемісті бұта.** ауыл шар. *Әртүрлі тағамдық, емдік мақсаттарда пайдаланылатын жеміс беретін бұталы өсімдіктер.*

**ЖЕМІСТІЛІК** зат. *Жемісі болушылық, нәтижелілік.*

**ЖЕМІСТІРЕК** сын. *Жемісі барлау, молдау; нәтижелірек.*

**ЖЕМІСІШҚАБАТ** зат. бот. *Көбіне 1-2 қатар клеткалардан тұратын жеміс қабының ішкі бөлімі.*

**ЖЕМІТ**[1] зат. **1.** *Жем.* **2.** ауыс. *Ырзығы, несібесі деген мағынада.*

**Жемесең жемітіңді же [жер тісте].** қарғ. *Көбіне назырқап, өкпелеген жанға айтылады.*

**Жеміт болды.** *Жем болды, талауға түсті.*

**ЖЕМІТ**[2] сын. *Қанағатсыз, тойымсыз, обыр.*

**Жеміті шыққан**. *Тоз-тоз болған, ескі.*

**ЖЕМШАРА** зат. *Жем беруге арналған ыдыс.*

**ЖЕНДЕ** зат. *Түрлі-түсті матадан құрап тігілген, жауын-шашынға киетін жеңсіз сырт киім.*

**ЖЕНДЕТ** зат. **1.** *Хан әмірін орындаушы; өлім жазасын іске асырушы.* **2.** *Баскесер, қанішер.* **3.** ауыс. *Құртушы, жоюшы.* // ауыс. *Алғыр, өжет, қыран.*

**ЖЕНДЕТТЕЙ** сын. *Жендет сияқты.*

**ЖЕНДЕТТІК** зат. *Баскесерлік, қанішерлік.*

**ЖЕНДЕТШІЛ** сын. ***Баскесер***.

**ЖЕНТ** зат. этн. тамақ. *Тары жармасынан, ұгітілген ірімшіктен қант, май қосып жасалған ұлттық тағам; қоспа.*

**ЖЕНТЕК** зат. *Бір-біріне кірігіп, бірігіп түйдектелген құм, топырақ, тас т.б.; кесек. // Бірігіп түйдектелген, қатып қалған.*

**ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕГІМЕН** үст. *Кесек-кесегімен, түйдек-түйдегімен.*

**ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕК** сын. *Кесек-кесек, түйдек-түйдек.*

**ЖЕНТЕКТАС** зат. геол. *Шөгінді тау жынысы; тығыздалып қатайған қиыршақ тас.*

**ЖЕНТЕКТЕ=** ет. **1.** *Кесек күйге келтіру, түйдектеу.* **2.** ауыс. *Илектеу, жаныштау.*

**ЖЕНТЕКТЕЛ=** ет. *Кесектелу, түйдектелу.*

**ЖЕНТЕКТЕЛУ** *Жентектел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕНТЕКТЕТ=** ет. *Кесек-кесек етіп жинату.*

**ЖЕНТЕКТЕТУ** *Жентектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕНТЕКТЕУ** *Жентекте етістігінің қимыл атауы; кесек күйге келтіру, түйдектеу.*

**ЖЕНТ-ЖЕМ** зат. этн. *Жент, ірімшік, құрт-май сияқты жеңсік тағамдар.*

**ЖЕНТТАС** зат. ***Жентектас***.

**ЖЕНТТЕЙ** сын. *Жент сияқты.*

**ЖЕНТТЕ** сын. *Женті мол, женті бар.*

**ЖЕНЬШЕНЬ** зат. өс. **1.** <лат. panax ginseng> *Аралия тұқымдасы панак туысына жататын, биіктігі 30-50 сантиметрдей көп жылдық шөптесін өсімдік.* **2.** мед. *Осы өсімдіктің тамырынан алынатын дәрі.*

**ЖЕҢ**[1] зат. **1.** *Киімнің иықтан қолдың білезігіне дейін жетіп тұратын бөлігі.* **2.** ауыс. *Қол деген мағынада.*

**Жең ұшынан жалғасты.** *Білдірмей, сездірмей бірікті, астыртын келісті, ымы-жымы бір болды.* **Жең ұшын берді.** *Қолқабыс етті, жәрдем берді.* **Жеңімен сәлем берді**. *Менменсіді, дандайсыды, кеудесін көтерді.* **Жеңінен тартты.** *Біреудің назарын өзіне аударды, қаратты, тоқтатты.* **Жеңін жастық қылды [жастанды]**. *Жаугершілікте жүріп, далаға түнеді.* **Жеңін сыбанды [түрді].** а) *Екі жеңін түрді.* ә) *Іске құлшына кірісті, бар ынтасымен істеді.*

**ЖЕҢ**[2]= ет. **1.** *Үстем түсу, күші басым болу; озу.* **2.** *Жеңіске ие болу, жеңіп шығу.* **3.** *Бірдемеде, я бір бәсекеде басымдылық алу.* **4.** *Соғыста қарсыласын тас-талқан ету, ойран-топырын шығару, тізе бүктіру.* **5.** ауыс. *Бір нәрсеге төзу, шыдау, берілмеу, мойымау.*

**ЖЕҢГЕ** зат. этн. *Ағаның, жасы үлкен туыстардың әйелі (жасы кішілерге қатысты).*

**Жеңгедей [жеңгелей] алды**. *Өзінен жасы үлкен, қайтыс болған туысының әйеліне үйленді.* **Жеңгелер институты.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында бойдақ қайындарына жар табуға, отбасындағы ынтымаққа т.б. отбасылық азаматтық қарым-қатынастың дәстүрлі ахлақ нормаларымен сәйкестігіне жауап беретін институт.*

**ЖЕҢГЕДЕЙ** сын. *Жеңге сияқты.*

**ЖЕҢГЕЙ** зат. **1.** *Жеңгеге құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Жеңгені құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЖЕҢГЕЛЕ=** ет. сөйл. *Жеңге деп айту, қайталау.*

**Жеңгелей алған әйел.** сөйл. этн. *Әменгерлікпен алған ағасы немесе інісі қайтыс болғанда алған зайыбы, әйелі.*

**ЖЕҢГЕЛЕТ=** ет. көне. *Қалыңдықты күйеуіне көрсету.*

**ЖЕҢГЕЛЕТУ** *Жеңгелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢГЕЛІ** сын. *Жеңгесі бар.*

**ЖЕҢГЕЛІК** сын. **1.** *Жеңгеге тән, жеңгеге қатысты.* // этн. *Жігіттің қыз жеңгесіне беретін сый-сияпаты, кәдесі; жеңгетай.*

**Жеңгелік етті**. *Қыз бен жігіт арасын байланыстырды, ортада жүрді.* **Жеңгелікке жүрді.** *Қыз бен жігіттің арасына жүрді.* **Жеңгелік сұрады.** *Жеңгелері күйеуге қалыңдықты көрсетіп, кәде сұрады.*

**ЖЕҢГЕТАЙ** зат. **1.** *Жеңгені құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш; жеңгей.* **2.** этн. *Қызбен таныстырғаны, кездестіргені үшін жігіттің қыз жеңгесіне беретін тарту-таралғысы, сый-сияпаты; күйеу жігіттен алынатын кәде.* **3.** жағымсыз. *Жезөкшелік әрекетті ұйымдастыратын, қыздарды саудаға салушы адамдар; сутинер.*

**Жеңгетай болды.** *Екі араға дәнекер болды.*

**ЖЕҢГЕТАЙЛЫҚ** зат. **1.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпындағы қыз бен жігіттің арасына дәнекерлік жасайтын іс-әрекет.* **2.** этн. *Күйеудің қыз жеңгесіне беретін сыйы, тарту-таралғысы; жеңгетай.* **3.** заң. *Жезөкшелікпен айналысуға арналған топтар мен арнаулы орындарды ұйымдастырып, зинақорлық жасаушы адамдарды өзара кездестіретін, сол арқылы пайда табуды көздейтін қылмыстық іс.*

**Жеңгетайлыққа жүрді.** *Қыз бен жігітті таныстыруға, келістіруге әрекеттенді.*

**ЖЕҢГЕТАЙШЫЛА=** ет. *Жеңгетайлық жасау.*

**ЖЕҢГІЗ=** ет. *Мойынсынғызу, көндіргізу.*

**ЖЕҢГІЗУ** *Жеңгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢГІШ** сын. *Жеңетін, жеңе білетін. // Жеңе білетін адам, жеңімпаз.*

**ЖЕҢГІШТІК** зат. *Жеңетіндік, жеңе білетіндік.*

**ЖЕҢДЕЙ** сын. *Жең сияқты, жең тәрізді.*

**ЖЕҢДЕС** сын. *Қатар, құрдас, замандас.*

**ЖЕҢДЕС=** ет. *Теңесу, тең келу.*

**ЖЕҢДІ** сын. *Жеңі бар.*

**Жеңді білектей.** *Жуандығы киілген жеңдей; жұп-жуан.*

**ЖЕҢДІР=** ет. *Мойынсындыру, бой ұрғызу.*

**ЖЕҢДІРТ=** ет. *Мойынсындырту, бой ұрғызу.*

**ЖЕҢДІРТУ** *Жеңдірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢДІРУ** *Жеңдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢЕШЕ** зат. **1.** *Жеңгеге құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Жеңгей, жеңге.*

**ЖЕҢЕШЕЛЕ=** ет. сөйл. *Жеңеше деп айту.*

**ЖЕҢЕШЕТАЙ** зат. экспр. **1.** *Жеңешесіне құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Жеңгесін сыйлау, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.*

**ЖЕҢКІРЕ=** ет. *Ептеп, аздап жеу.*

**ЖЕҢКІРЕУ** *Жеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢҚАП** зат. сөйл. ***Жеңсе***.

**ЖЕҢСЕ** зат. **1.** *Жұмыста киім жеңінің кірлемеуі, тозбауы үшін матадан арнайы тігілген бөлек жең.* **2.** *Білекті жаралаудан, қатты зат батудан сақтау үшін мықты матадан сырылып тігілетін жең.*

**ЖЕҢСІЗ**[1] зат. *Шолақ жең киім, кеудеше.*

**ЖЕҢСІЗ**[2] сын. *Жеңі жоқ (киім).*

**Жеңсіз берен.** *Болаттан торлап тоқылған сауыт.* **Жеңсіз камзол.** этн. *Жеңсіз қамзол (жеңсіз тігілген көйлек сыртынан киетін жеңіл ұлттық сырт киім).* **Жеңсіз сауыт.** этн. *Жеңі жоқ желбегей сауыт.*

**ЖЕҢСІК**[1] сын. *Әуес, құмар, таңсық.*

**Жеңсік ас.** тамақ. <франц. delicatesse> *Таңдаулы әуес тағам.* **Жеңсік асша.** *Әуес, таңсық, құмартқан тамақ тәрізді.* **Жеңсік көрді.** *Әуес етті.*

**ЖЕҢСІК**[2] зат. сөйл. ***Жеңістік***.

**ЖЕҢСІКҚОЙ** сын. *Құмар, ынтазар; әуесқой.*

**ЖЕҢСІКҚОЙЛЫҚ** зат. жағымсыз. *Әуесқойлық, құмарлық.*

**ЖЕҢСІКТЕН=** ет. *Әуестену, құмарлану.*

**ЖЕҢСІКТЕНУ** *Жеңсіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢСІКТІ** сын. ***Жеңсікқой***.

**ЖЕҢСІКТІК** зат. *Әуестік, құмарлық.*

**ЖЕҢСІКШІЛ** сын. *Жеңсікқой, жеңсікқұмар.*

**ЖЕҢТҮП** зат. *Жеңнің киімге тігілетін, жалғасатын жері.*

**ЖЕҢУ** *Жең етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Озып шығу, жүлдеге ие болу.* **2.** *Соғыста жеңіске жету.* **3.** *Үстем болу, басым түсу.* **4.** ауыс. *Мойынсынбау.*

**ЖЕҢУШІ** зат. *Жеңіске жетуші, жеңіскер.*

**ЖЕҢҮШ** зат. қолөнер. *Жеңнің аузына салынған мата, жұрын.*

**ЖЕҢІЛ** сын. **1.** *Салмағы аз, салмақсыз; ауыр емес.* **2.** ауыс. *Оңай, қиындықсыз.* **3.** *Жұқа, жалаң қабат.* **4.** *Жылдам, тез.* **5.** *Болмашы, болар-болмас.* **6.** ауыс. *Жеңіл-желпі, атүсті, үстірт.* **7.** ауыс. *Жеңілтек, ұшқалақ (мінез).* **8.** ауыс. *Көңілге ауыр тимейтін, зілі жоқ.* **9.** ауыс. *Ширақ, ылдым-жылдым.*

**Жеңіл атлет.** *Спорттың жүгіру, секіру, лақтыру сияқты түрімен айналысатын адам.* **Жеңіл атлетика.** спорт. *Спорттың секіру, лақтыру, көпсайыс сияқты түрлерін қамтитын саласы.* **Жеңіл атлетші.** спорт. *Жеңіл атлетикамен шұғылданатын спортшы.* **Жеңіл ауыз.** *Аузына ие болмайтын, аузына сөз тұрмайтын (адам).* **Жеңіл ауызды.** *Аузына ие болмайтын, аузына сөз тұрмайтын.* **Жеңіл әзіл.** *Күлдіруді, көңіл көтеруді ғана меңзейтін кекесінсіз, сыпайы қалжың сөз, қылық.* **Жеңіл барып, ауыр қайт.** тілек. *Базаршылап, я жекжат қыдырып шыққан жолаушыға жақсы барып, олжамен орал деген ұғымда айтылады.* **Жеңілдің асты, ауырдың үстімен.** жағымсыз. *Қиындықтан қашқалақтап, жеңіл-желпі, үстіртін.* **Жеңіл жолға түсті.** *Жан қинамай оңай олжа табуға кірісті.* **Жеңіл жүрісті.** жағымсыз. *Жұбайының көзіне шөп салған, жат мінез көрсеткен, жеңілтек, нәпсіқұмар.* **Жеңіл жүрісті болды.** *Жеңілтек болды, нәпсіқұмар болды.* **Жеңіл индустрия.** экон. *Киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. тұрмыс қажетіне керекті түрлі заттарды шығаратын кәсіпорын.* **Жеңіл күйме.** этн. *Қыз-келіншектер, жас жұбайлар мінетін күйме.* **Жеңіл қарады.** *Бір нәрсеге атүсті, немқұрайды (немкетті) қатынаста болды.* **Жеңіл қорғаныш костюмі.** әск. *Барлау жасаған және зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізген кезде зақымданған жерде ұзақ болуға арналған киім.* **Жеңіл қорытпалар.** кен. *Тығыздығы аз конструкциялық қорытпалар.* **Жеңіл мәшине.** *Адамдардың күнделікті жүріп-тұруына қажетті жеңіл көліктер.* **Жеңіл металдар.** *Тығыздығы біршама аз металдар.* **Жеңіл минералдар.** кен. *Меншікті салмағы 2500 кг/м³-тан төмен минералдар.* **Жеңіл музыка.** муз. *Тыңдауға жеңіл, ойын-сауық мақсатына арналған музыкалық шығарма.* **Жеңіл мінезді.** *Жеңілтек, ұшқалақ.* **Жеңіл ойлы.** *Байыптап ойламайтын, алаңғасар.* **Жеңіл өлім.** *Жан қиналмайтын, азапсыз өлім.* **Жеңіл өнеркәсіп.** экон. *Халық тұтынатын көпшілік қолды заттарды өндіретін кәсіпорын.* **Жеңіл сауыт.** көне. этн. *Металдан емес, қатталған немесе сырылған матадан жасалатын батырлардың қорғаныс киімі.* **Жеңіл сезінді.** *Рақаттанып қалды.* **Жеңіл сөз.** *Артық ауыз сөз, өсек-аяң.* **Жеңіл сулы реактор.** әск. *Отын ретінде байытылған уранды пайдаланатын ядролық реактордың кең тараған түрі.* **Жеңіл тастар.** *Шахматтағы піл мен аттың жиынтық аты.* **Жеңіл тиді.** *Оңай болды, қиын болған жоқ.* **Жеңіл тимеді [тиген жоқ].** *Оңай болған жоқ, ауыр тиді.* **Жеңіл түйе.** *Ұшқалақ, үркек мінезі бар, үстіне мінбей, жүк артып болмай-ақ орнынан тұрып кететін түйе.*

**ЖЕҢІЛ=** ет. **1.** *Соғыста қарсыласына тізе бүгу, жеңіліске ұшырау.* **2.** *Ұтылу, күші кемшін түсу.* **3.** *Шарасыздық таныту, мойынсыну.*

**Жеңілген елде желке жоқ.** *Соғыста жеңілген жұртта қыр көрсетер сес жоқ деген мағынада айтылады.*

**ЖЕҢІЛГЕК** зат. *Жейденің жеңінде түйме орнына қолданылатын сәндік бұйым.*

**ЖЕҢІЛГЕНСУ** *Жеңілгенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛГЕНСІ=** ет. *Жеңіліп қалғансу.*

**ЖЕҢІЛГІШ** сын. *Жеңіле бергіш, ұтылғыш.*

**ЖЕҢІЛДЕ=** ет. **1.** *Салмағын азайту, жеңіл тарту.* **2.** ауыс. *Жеңіл тию, қиын болмау.* **3.** ауыс. *Таусылу, азаю.* **4.** ауыс. *Арқа-жеңі кеңу, масайрау.*

**ЖЕҢІЛДЕЙ** үст. *Жеңіл күйі.*

**ЖЕҢІЛДЕН=** ет. **1.** *Жеңіл тарту, салмағын азайту, жүктен арылу.* **2.** *Жеңіл киіну.* **3.** ауыс. *Сергу, бойжазу, арқаны кеңге салу.*

**ЖЕҢІЛДЕНУ** *Жеңілден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңіл киіну.* **2.** *Қиындық азаю, жақсару.*

**ЖЕҢІЛДЕТ=** ет. **1.** *Салмағын, жүгін жеңіл қылдыру.* **2.** *Оңайлату.* **3.** *Қиындықты азайту.*

**ЖЕҢІЛДЕТУ** *Жеңілдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Салмағын азайту.* **2.** *Оңайлату.* **3.** *Азайту.*

**ЖЕҢІЛДЕТІЛ=** ет. *Оңайлатылу.*

**ЖЕҢІЛДЕТІЛУ** *Жеңілдетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛДЕУ[1]** сын. **1.** *Салмағы аздау; онша ауыр емес.* **2.** *Қиындығы аздау, оңайлау.*

**ЖЕҢІЛДЕУ[2]** *Жеңілде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛДІК** зат. **1.** *Салмағы аздық; ауыр еместік.* **2.** *Оңайлық, жан қинамаушылық; қиыншылығы жоқтық.* **3.** қоғ.-әлеум. <лат. privilegium> *Әлеуметтік, экономикалық көмек көрсету мақсатымен немесе қандай да болсын саланы немесе қызметті дамыту үшін жағдай жасау мақсатымен кейбір жеке, заңды тұлғаларға берілетін артықшылық, қосымша құқықтар.* **4.** *Белгілі бір әлеуметтік жағдайларға байланысты берілетін көмек.* **5.** ауыс. *Жеңілтектік, ұшқалақтық.*

**ЖЕҢІЛДІЛІК** зат. сөйл. *Жеңілдік, ұшқалақтық.*

**ЖЕҢІЛДІР=** ет. *Жеңілуге мәжбүр ету, жеңіліс тапқызу.*

**ЖЕҢІЛДІРУ** *Жеңілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛЕЙ=** ет. **1.** *Жеңілдену, жеңіл тарту.* **2.** ауыс. *Сергу, арқа-жеңі кеңу.*

**ЖЕҢІЛЕЙТ=** ет. **1.** *Жеңілдендіру, жеңіл тартқызу.* **2.** *Азайту, басу.*

**ЖЕҢІЛЕЙТУ** *Жеңілейт етістігінің қимыл атауы; азайту.*

**ЖЕҢІЛЕЮ** *Жеңілей етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛ-ЖАЙДАҚ** сын. *Қалай болса солай, олпы-солпы.*

**ЖЕҢІЛ-ЖЕЛБЕГЕЙ** үст. *Беталды, орынсыз.*

**ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ** сын. **1.** *Болмашы, аздаған.* **2.** ауыс. *Оңай, қиыншылығы жоқ.* **3.** *Жұқа, жалаң қабат.* **4.** ауыс. *Атүсті, үстіртін.*

**Жеңіл-желпі қарау**. *Атүсті, үстірт, немқұрайды болу.*

**ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІЛЕУ** сын. *Ауыр емес, оңайлау.*

**ЖЕҢІЛ-ЖЕЛТЕҢ** сын. *Оңай, жан қинамайтын.*

**ЖЕҢІЛҚОЛ: жеңілқол жылқы**. *Шаруаға күнделікті мініске қолайлы зат.*

**ЖЕҢІЛҚОЛДЫ** сын. *Жеңіл-желпі, оңай, болмашы.*

**ЖЕҢІЛТ[1]=** ет. *Жеңілдендіру, оңайлату, азайту.*

**ЖЕҢІЛТ[2]=** ет. сөйл. *Жеңілдіру, жеңіліс тапқызу.*

**ЖЕҢІЛТАП** сын. *Жеңілтек, сабырсыз, ұшқалақ.*

**ЖЕҢІЛТЕК** сын. **1.** *Жеп-жеңіл, жалаң қабат, ауыр емес (киім).* **2.** ауыс. *Ұшқалақ, ұшып-қонба, жеңіл мінезді.*

**ЖЕҢІЛТЕКТЕН=** ет. **1.** *Сыртқы киімдерін шешу, жеңілдену.* **2.** ауыс. *Жеңіл мінез көрсету, ұшқалақ болу.*

**ЖЕҢІЛТЕКТЕНУ** *Жеңілтектен етістігінің қимыл атауы; ұшқалақ болу.*

**ЖЕҢІЛТЕКТЕУ** сын. *Жеңіл мінезділеу, ұшқалақтау.*

**ЖЕҢІЛТЕКТІК** зат. *Ұшқалақтық, жеңіл мінезділік.*

**ЖЕҢІЛТУ** *Жеңілт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІЛУ** *Жеңіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңіліске ұшырау, тізе бүгу.* **2.** *Ұтылу, кемшін түсу.* **3.** *Мойынсыну.*

**ЖЕҢІЛШІЛІК** зат. сөйл. ***Жеңілдік.***

**ЖЕҢІЛІРЕК** сын. *Жеңілдеу, оңайырақ.*

**ЖЕҢІЛІС** зат. *Жеңілгендік, тізе бүккендік, бағынғандық.*

**Жеңіліске ұшырады**. *Жеңілді, тізе бүкті.* **Жеңіліс тапты.** а) *Жеңілді, тізе бүкті.* ә) *Ұтылып қалды.*

**ЖЕҢІЛІССІЗ** үст. *Жеңіліске ұшырамай.*

**ЖЕҢІМПАЗ** сын. **1.** *Шайқасты жеңіспен аяқтайтын, жеңгіш.* **2.** ауыс. *Ылғи жеңіске ие болатын, жеңілмейтін.* // *Жеңіске жеткендер.*

**ЖЕҢІМПАЗДЫҚ** зат. *Үнемі жеңіске ие болушылық, жеңгіштік.*

**ЖЕҢІҢКІРЕ=** ет. *Жеңе түсу.*

**ЖЕҢІҢКІРЕУ** *Жеңіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕҢІС** зат. **1.** *Жауға, дұшпанға күйрете соққы бергендік, бетін қайтарғандық, жеңгендік.* **2.** *Белгілі бір мақсатты, істі іске асыру жолындағы күрестің, еңбектің нәтижесі, табысы.*

**Жеңіске жетті.** *Жеңіп шықты, мерейі үстем болды.* **Жеңіс күні [мерекесі].** *Жауды жеңген күн, атап өтілетін той, мереке.* **Жеңіс туы.** *Жауды жеңгеннен кейінгі тігілген ту.* **Жеңіс ордені.** тар. *Әскери қолбасшыларға жауапты операцияларды батыл шешкендігі үшін берілетін үш дәрежелі жоғары орден.* **Жеңіс тойы.** *Жауды жеңіп, жеңіске жету құрметіне арналған салтанатты мереке.*

**ЖЕҢІС=** ет. *Жеңуге көмектесу, бірге жеңу.*

**ЖЕҢІСКЕР** сын. *Жеңген, жеңіске жеткен.* // спорт. *Спорт жарыстарында ең бірінші орынды иеленуші адам, команда, топ.*

**ЖЕҢІСТІ** сын. *Жеңіске толы, жеңіске жеткен.*

**ЖЕҢІСТІК**: **жеңістік бермеді**. *Айтқанға көнбеді, сөзге ие бермеді.*

**ЖЕҢІСІК** сын. сөйл. ***Жеңсік.***

**ЖЕОДА** [франц. geode] зат. геол. *Ішкі өңірі көбінесе қуыс болып келетін, әртүрлі жәндік бездері бөліп шығарған заттар есебінен қалыптасатын біршама ірі кесек түзілімдер.*

**ЖЕПЕҢДЕП** үст. *Алып-ұшып, дедек қағып, қаздаңдап.*

**ЖЕП-ЖЕҢІЛ** сын. **1.** *Тым жеңіл, өте жеңіл, қаңбақтай.* **2.** *Оп-оңай, қиындықсыз.*

**ЖЕППЕЛЕТІП** үст. сөйл. *Асығыс-үсігіс, тезбе-тез.*

**ЖЕПІР=** ет. *Опыру, жапыру.*

**ЖЕП-ІШ=** ет. *Ішу, жеу.*

**ЖЕП-ІШУ** *Жеп-іш етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕР** зат. **1.** астр. *Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы үшінші ғаламшары; адамзаттың тіршілік ететін бесігі.* **2.** *Сол ғаламшардың үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық.* **3.** *Бір елдің, облыстың, ауданның, ұжымшардың пайдаланатын меншікті жері; территориясы (егіндік танап, шабындық, жайылым, т.б.).* **4.** қоғ.-әлеу. *Қоғамдық байлықтың аса маңызды бөлігі, мемлекет тәуелсіздігінің негізі, барлық байлықтың жиынтығы.* **5.** *Мекен, жай, орын.* **6.** ауыс. *Ел, жұрт, ауыл, өскен орта.* **7.** ауыс. *Мезет, кез, уақыт, мезгіл.* **8.** ауыс. *Рет, жөн, ыңғай.* **9.** ауыс. *Бірдеменің шыққан орны, басталысы.*

**Жер айдады.** а) *Жер жыртты, егін салды (септі).* ә) *Итжеккенге жіберді, жер аударды.* **Жер ала, бұлт шола.** *Бір алқапты тұтас қамтып жаумаған жаңбыр.* **Жер альбедосы.** физ. *Жердің әлемдік кеңістікке беретін (атмосферамен бірге) Күн радиациясының атмосфераcының шекарасына келіп түскен Күн радиациясына қатынасы.* **Жер апшысын [танабын] қуырды.** *Қатты жүрді, жүйткіді.* **Жер асты.** а) миф. *Жердің астындағы ел, тіршілік.* ә) *Адам аяғы жетпейтін алыс, адам білмейтін қиян.* б) *Жердің қойнауы, жер қыртысының төменгі қабаттары.* в) бот. *Жерге еніп тұратын (өсімдікке қатысты).* г) кен. *Шахта, жер асты кен өндіру орны.* **Жер арқасы қиянда.** *Алыста, шалғайда.* **Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты.** экспр. *Табан астынан бөле шықты; ойламаған жерден кісімсіп, ақылдымсып, қожасып шыға келді деген мағынада айтылады.* **Жер астынан шыққандай.** *Самсаған сары қол, қалың әскер туралы айтылады.* **Жер асты өркені.** бот. *Өсімдіктің жер астында өсетін өркені.* **Жер аударды [айдады].** *Еркінен айырып, басқа жаққа айдап жіберді.* **Жер ауды.** *Еркінен айырылып, басқа жаққа айдалып кетті.* **Жер аяғы кеңіді [босады].** *Қар еріп, жер құрғады; жол қатынасы жақсарды.* **Жер аяғы қияннан.** жерг. *Ит арқасы қияннан, өте алыс жерден.* **Жер бағасы.** экон. *Капиталға айналған жер рентасы.* **Жер бастырмады.** *Жер бетіне қоймады; тынышты бермеді.* **Жер батсын.** қарғ. *Жерге кірсін, құрысын!* **Жер бауырлады.** а) *Жерге етпетінен түсіп жатты.* ә) *Жерге жабысты, бауырымен жылжыды, қозғалды.* б) *Жерге тым жақын ұшты.* **Жер бауырлап жатып алды [қалды].** *Қатты қайғыдан бас көтермеді.* **Жер бауырлап ұшу.** әск. *Ұшақтың нысанаға жасырын шығу мақсатымен жер үстінде немесе су үстінде 5–50 м биіктікте ұшуы.* **Жер бауырына алмады.** *Жамбасы жерге тимеді, жерленбеді.* **Жер бауырынан несібесін сауды.** газети. *Диқаншылықпен күнелтті, егіншілікпен нанын тауып жеді.* **Жер бедері.** геогр. ***Жербедер*** *(жер бетіндегі құрлықтардың, мұхиттар мен теңіздер түбінің тілімденген пішіндерінің жиынтығы).* **Жер бедері инверсиясы.** геогр. *Жер бедері пішінінің геологиялық құрылымына сәйкес келмей, оған керегар сипат алуы.* **Жер беті.** а) *Жердің үсті.* ә) *Дүние жүзі, бүкіл әлем, бар ғалам.* **Жер бетіндегі ағын.** *Атмосфералық жауын-шашын суының ауырлық күшінің әсерінен жер бетімен ағып, өзенге, көлге, теңізге, мұхитқа құйылуы.* **Жер бетінің миы шықты.** *Батпақ, саз, былғаныш болды.* **Жер беті суы.** сушар. *Жер бетінде тұрақты немесе уақытша сұйық түрде (өзендер, уақытша ағын сулар, көлдер, бөгендер, батпақтар) немесе қатты түрде (мұздықтар және қар жамылғысы) болатын құрлық сулары.* **Жер болды [жер болып қалды].** а) *Ұяттан беті күйді, қатты ұялды.* ә) *Сағы сынды, қорланды.* **Жер бөліс.** тар. *Байлардың меншігіндегі жерді кедейлерге бөліп беру науқаны.* **Жер бұзды.** сөйл. *Жер жыртты, жерді қопарып, топырағын аударыстырды.* **Жер бүргесі.** зоол. *Жапырақ жегіштер тұқымдасына жататын қоңыздың бір түрі.* **Жерге атып жықты.** *Күресіп даусыз жеңді.* **Жерге ене жаздау.** *Қатты ұялу, бетінен оты шығу.* **Жерге меншік құқығы.** экон. *Меншігінде жер телімі бар адамдардың меншік құқығы.* **Жерге көмілді.** а) *Өлді, о дүниеге кетті.* ә) *Масқара болды, ұятқа қалды.* **Жерге кіргендей болды [қысылды].** *Ұялды, ұятты болды.* **Жерге кіре жаздады [кіріп кете жаздады].** *Ұялды, қысылды.* **Жерге [қара жерге] қазық қып қақты.** *Көзін құртты, жойды.* **Жерге [қара жерге] қазықтай қақты [қадады].** *Жанын көзіне көрсетті, сазайын тартқызды.* **Жерге қарады.** *Ұятқа қалды.* **Жерге қарап қалды.** *Қолынан еш нәрсе келмеді, шарасыздық танытты.* **Жерге қаратты.** *Қатты ұялтты; ұятқа қалдырды, көңілін қалдырды.* **Жерге орналастыру.** *Мемлекеттегі жер қатынастарын, жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі.* **Жерге отырғызып кетті.** *Алдап соқты, айласын асырды.* **Жерге салды.** *Жауырынын жерге тигізді, жеңді.* **Жерге түкірді.** *Түңілді (өзімен кетсін, беті аулақ деген мағынада).* **Жерге түспес жеті әліп.** этн. *Жолы болғандықты білдіретін құмалақтың түрі.* **Жерге тықты.** а) *Тас-талқанын шығарды, күйрете жеңді.* ә) *Масқара етті, абыройын төкті.* **Жер ғып кетті.** а) *Абыройды айрандай төкті, масқаралады, қатты ұялтты.* ә) *Қайғыға душар етті, мұңайтты.* **Жер даулады.** а) этн. *Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарына сәйкес жерге меншік құқығының (жайлау, қыстау, көш-қон т.б.) бұзылуына байланысты таласу, тартысу.* ә) *Жерге таласу, өзгенің жерін өз меншігіне алып алуға әрекет жасау.* **Жерден алып, жерге салды.** *Қатты ұрысты, тілдеді, сөкті.* **Жер дауы.** этн. *Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарындағы жерге меншік құқығының бұзылуынан туатын дау.* **Жерден жеті қоян тапқандай.** *Қатты қуанып, мәз болып.* **Жерден қазамын ба?** *Жоқты қолдан жасайын ба? деген мағынада.* **Жерден қазса да.** *Қайдан болса да, қалай болса да.* **Жерден пішіп алғандай.** *Кең дүниеден еркін, лайығынша ұқсатып тұрып жасағандай, бір міні жоқ.* **Жер дүзі.** сөйл. *Жер жүзі.* **Жер дүние.** *Барлық жер, бүкіл аймақ, барлық төңірек.* **Жерден тажал шыққандай.** *Жер астынан жік шыққандай.* **Жерді қайта құнарландыру.** *Бүлінген жерлердің құнарлылығын қайта қалпына келтіру, оны халық шаруашылығына пайдалануға беру және қоршаған ортаны жақсарту үшін жүргізілетін кешенді жұмыс.* **Жерді құрғату.** сушар. *Адамның шаруашылық әрекетіне судың тигізетін қолайсыз әсерін тойтару, болдырмау шаралары.* **Жердің айналуы.** астр. *Жер шарының эклиптика жазығына е=66ә33’45» (1950 жылғы көрсеткіш) еңіс бұрышты орналасқан осі бойынша қозғалуы.* **Жердің астынан шыға келді.** *Аяқ астынан, ойламаған жерден пайда болды.* **Жердің жарты шарлары.** *Жер шарының белгілі бір сипаты бойынша бөлінген екі жартысы.* **Жердің жарығын жамады.** *Тынымсыз әрекеттенді, дүниені жалмады.* **Жердің жасанды серігі.** ғарыш. *Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат; ракета.* **Жердің жасы.** *Жердің дербес планета түрінде қалыптасуынан бергі аралықта өткен уақыт мөлшері.* **Жердің жеті қабат астына түсірді.** *Быт-шытын шығарып, тып-типыл етті, жоқ қылды.* **Жердің жүзін [даланы] қан басты.** *Қан судай тасты, қырғын-жойқын өлім болды.* **Жердің құрты.** экспр. сүйсіну. *Өте кішкене, құртақандай.* **Жердің құртындай.** *Көп, шексіз, топырлаған.* **Жердің құты.** поэт. *Берекелі, ырысты жер; құт қонған жер мағынасында.* **Жердің миы шықты.** *Лайсаң, жүріп-тұруға қолайсыз батпақты жер туралы айтылады.* **Жердің сауыры.** *Ең шұрайлы жер.* **Жердің үстімен келіп, астымен қайтты.** *Жерге кірердей қатты ұялды.* **Жердің шаңдағын шығарды.** *Шаң етті, шаңдатты.* **Жердің шаңдағы шықты.** *Әбден шаң болды, астан-кестені шықты, шаңы бұрқырады.* **Жердің электр өрісі.** физ. *Жердің магнит өрісінің өзгеруіне байланысты пайда болатын Жер маңайындағы электр өрісі.* **Жер еденді.** *Едені балшықпен сыланған.* **Жер емшегін емді.** *Жердің қызығын көрді, жерді баптап күтті, диқаншылықпен айналысты.* **Жер еркесі.** поэт. *Жер көркі, табиғаты сұлу мекен.* **Жер етті.** *Қатты ұялтты, масқарасын шығарды.* **Жер жағдайы.** *Жер сипаты, сызбасы.* **Жер жалдау.** *Жер үлесінің жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір уақытқа ақылы пайдалануға берілуі.* **Жер жаннаты.** *Рахат дүние, жұмақ.* **Жер жаңғырықтырды.** *Даңқы шығып, атағы көпке тарады.* **Жер жапсарын жалғады.** *Екі араны қосты, біріктірді.* **Жер жарылды.** *Жер жібіп, топырақты жарып, көк шықты деген мағынада.* **Жер жапсарын жалғады.** *Екі араны қосты, біріктірді.* **Жер жарды.** *Әйгілі болды, даңқы шықты.* **Жер жарығын бітейді.** *Қолынан келмейтін іс жоқ, шебер.* **Жер жарылды.** *Жер жібіп, топырақты жарып, көк шықты деген мағынада.* **Жер жастанғыр.** қарғ. *Өлім келгір.* **Жер жастанды.** а) *Күл-талқаны шықты, быт-шыт болды.* ә) *Өлді, о дүниеге аттанды.* **Жер жастандырды.** *Қырды, жойды, жоқ қылды.* **Жер жастанып, су сүйеніп отыр.** *Сараң, пейілі тар кісі туралы айтылады.* **Жер жаһанды бір-ақ уыс қылды.** *Апшыны қуырды, тарылтты, қысты.* **Жер жетім.** поэт. *Шөлейт жер туралы айтылады.* **Жер жұтқандай [жұтып қойғандай].** *Ұшті-күйлі жоғалу.* **Жер жұтқыр!** қарғ. *Көзің жоғалғыр, қараң өшкір.* **Жер жұтты.** а) *Аяқ астында жоқ болды, ғайып болды.* ә) *Өлім келді.* **Жер жұтты ма?** *«Қайда кетті?» деген мағынада.* **Жер жұтып қойғандай.** *Із-түзсіз, хабар-ошарсыз, дерексіз.* **Жер жүзі.** *Жер беті, бүкіл әлем, күллі дүние.* **Жер жүзін шайқады.** *Әлемді билеп-төстеді.* **Жер жыртты.** *Егін егу үшін жерді дайындады, өңдеді, жер айдады.* **Жер жырту.** ауылшар. *Топырақты өңдеудің негізгі әдісі.* **Жер заңнамасы.** құқық. *Жер және табиғат ресурстары қатынастарын реттейтін құқықтық институттар мен нормаларды қамтитын заңнама саласы.* **Жер иелену құқығы.** *Жерді нақты иеленуді жүзеге асырудың заң арқылы қамтамасыз етілген мүмкіндігі.* **Жер иіді.** *Жер көктеді.* **Жер кадастры.** *Мемлекет аумағындағы жер ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы мен оларды бағалау туралы мәліметтер жүйесі.* **Жер келі.** *Келі орнына уақытша пайдаланылатын шұңқыр.* **Жер кепе.** *Қабырғалары жерден қазылып жасалған үй.* **Жер кесу.** жерг. *Жер айдау.* **Жер көрді.** *Көп жерді аралады.* **Жер күңіренді [күңірентті].** а) *Жер тітіреп, азан-қазан болды.* ә) *Шектен тыс қайғырды, аза тұтты.* **Жер кіндігі.** поэт. *Жержүзі, жер әлемінің ортасы, тіршіліктің бастау алған көзі.* **Жер кіндігін ұстады.** *Басқарды, биледі, басшылық етті.* **Жер кітап.** *Үй іргесіндегі жер телімін тіркеген кітап.* **Жер қабаты.** геогр. *Жердің бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын бөлігі.* **Жер қазу жұмыстары.** *Канал қазу, бөгет тұрғызу кезінде атқарылатын жұмыстар кешені.* **Жер қазынасы.** *Жер байлығы, жер қойнауынан алынатын пайдалы қазбалар.* **Жер қайысқан.** *Тым көп, қисапсыз мол (халық, қол, мал т.б.).* **Жер қапты.** а) *Бұ дүниеден кетті, өлді.* ә) *Омақаса құлады, жер құшты.* **Жер қаптырды.** *Алдады, жерге отырғызды; алып соқты.* **Жер қарайды.** *Қар кетіп, жердің беті көрінді.* **Жер қара, күн жылы.** *Қар жаумаған, суық түспеген кез.* **Жер қармады.** *Жер құшты, жер жастанды, опат болды.* **Жер қимылдады.** *Жер баяу, әлсіз сілкінді, қозғалды.* **Жер қозғалса қозғалмайтын.** *Өте сабырлы адам туралы.* **Жер қойнауы.** геол. *Жер қыртысының топырақ қабатынан төмен орналасқан, топырақ қабаты болмаған жағдайда – жер бетінен және су айдынының табанынан төмен орналасқан, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейінгі бөлігі.* **Жер қойнауын қорғау.** *Пайдалы қазындыларды жер қойнауынан негұрлым толық (кешенді) алу және шығындалуын барынша азайту мақсатында жүзеге асырылатын шаралар кешені.* **Жер қойнына кірді [енді].** *Өлді, о дүниеге кетті.* **Жер**

**қорқақ.** *Түнде аяғын кібіртіктеп жүрексіне басатын, үркек мал.* **Жер қоры.** *Мемлекеттің аумағындағы бүкіл жер құрамы.* **Жер құқығы.** құқық. *Құқықтың мемлекеттегі жер қатынастарын реттейтін саласы.* **Жер құрғату.** сушар. *Топырақ қабатындағы артық суды және жер бетінің сіңген суын, жерасты суының деңгейін төмендету үшін артық суды жер құрғату жүйесі арқылы басқа жаққа бұрып әкету.* **Жер құрғатудағы коллектор.** сушар. *Құрғату тораптарының реттегіш бөлігінен суларды қабылдап алып, оларды құрғатылатын атыраптан сыртқа алып кететін су ағызу құбыры немесе арна.* **Жер құртындай.** а) *Кішкентай бойлы, тапал, титімдей.* ә) *Сансыз көп, мол.* **Жер құшты.** а) *Жығылды, құлады, сұлады.* ә) *Өлді, жойылды, жоғалды.* **Жер қылды.** *Қатты ұялтты, масқара етті.* **Жер қыртысы [қүйқасы].** а) *Жердің үстіңгі қабаты, шымы.* ә) геол. *Литосфераның беткі бөлігін құрайтын, төменгі жапсары Мохорович деңгейімен шектелген Жердің ең үстіңгі қабығы.* **Жер мантиясы.** геол. <грек. mantion> *Жер қыртысы мен Жер ядросы арасындағы «қатты» Жер қабығы.* **Жер мен көктей.** *Айырмасы тым өзгеше, бір-бірінен өзгешелігі өте үлкен.* **Жер меридианы.** геогр. <лат. meridianus> *Жердің екі полюсін ойша басып өтетін, экваторға тік бұрыш жасайтын сызық.* **Жер мойны қашық.** *Тым алыс, шалғай.* **Жер ортасы жасқа келді [жетті].** *Егде тартты, кәрілікке бет алды.* **Жер осі.** *Жер тәулігіне бір айналым жасайды деп жорамалдайтын түзу сызық, басқаша айтқанда, жердің айналу осі. Бұл сызық полюстер деп аталатын жер бетіндегі қарама-қарсы нүктелерді қосады.* **Жер пайдалану құқығы.** *Жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін ақылы және ақысыз негізде мерзімсіз (тұрақты) немесе белгілі мерзім шегінде (уақытша) иелену және пайдалану құқығы.* **Жер параллелі.** геогр. <лат. parallelos> *Жер экваторына параллель жүргізілген шартты түрдегі шеңбер сызық.* **Жер рентасы.** экон. *Жерден түсетін тұрақты табыс.* **Жер реформасы.** тар. *Орта Азия мен Қазақстанда 20-жылдары Совет өкіметі жүргізген әлеуметтік-экономикалық (бай-кулактардың жерін шаруаларға бөліп беру) шаралар.* **Жер сабады [сабап қалды].** *Ашуға булығып өкініп қалды.* **Жер салу.** *Егін егетін жерді жырту.* **Жер салығы.** экон. *Заңды және жеке тұлғалардың иеленуіне, пайдалануына не меншігіне берілген жер алқабының бір гектары үшін белгіленіп, тіркелген, олардан алынатын жыл сайынғы міндетті төлемақы.* **Жер сауыры.** бейн. *Құнарлы мекен, жақсы жер; жердің төресі.* **Жер серігі [Жердің жасанды серігі].** астрон. *Ғарыш кеңістігін зерттеу мақсатымен жасалған жасанды аппарат, спутник.* **Жер сипап қалды.** *Құралақан, мақрұм қалды, алданды.* **Жер соғып қалды.** *Қапыда қалды.* **Жер соқты.** а) *Қапыда қалды,алданды.* ә) *Жығылды, құлады, құрады.* **Жер соқтырды [соққызды].** *Алдады, қапыда қалдырды.* **Жер суармалау.** сушар. *Топырақтың су режимін жақсартуға бағытталған және өсімдіктің өніп-өсуіне табиғи жағдайда ылғалдың жетіспеушілігіне қарсы қолданылатын әдіс.* **Жер суару.** сушар. *Егістерді, бау-бақшаны т.б. барлық агроценоздарды жасанды суару.* **Жер сүзді.** а) *Ызаланып, долданып, жерді басымен ұрды.* ә) *Жалп етіп құлады, мұрттай ұшты.* **Жер сүмесін емді [сүмесіне кенелді].** *Егін екті, егінмен күн көрді.* **Жер сыбағасы.** *Бөлінген, берілуге тиісті жер.* **Жер сызған.** *Жерге тиетіндей ұзын.* **Жер сызды.** *Жер бауырлады, төмендеді, ауырлады.* **Жер сілкінтті.** *Қатты үн (дыбыс) шығарып, даланы басына көтерді.* **Жер табандаған.** *Кішкентай, аласа.* **Жер табандады.** *Бір орнында тұрып алды.* **Жер там.** сөйл. ***Жер үй.*** **Жер танабын қуырды.** *Жүйткіді, зымырады, өндіріп жүрді.* **Жер тарпыды.** *Делебесі қозып, тықыршыды (жылқы малы жайында).* **Жер тартып кетті.** *Ғайып болды, келмеске кетті.* **Жер тарылуы.** *Малға, егінге жарамды жерлердің азаюы.* **Жер таянған шақ.** *Қартайған, жасы ұлғайған кез.* **Жер таянды.** а) *Қайғыға батты, зар еңіреді.* ә) *Қолымен тіреді, демеді; қартайды.* **Жер тәңірісі.** діни. *Күллі жер-жаһанның иесі.* **Жер тебінді [тепсінді].** *Ызасы келді, ашу шақырды, қатты кейіді.* **Жер теңгедей, аспан тебінгідей.** фольк. бейн. *Кіп-кішкентай, болар-болмас қана деген мәнде.* **Жер тепкіледі.** *Қатты ызаланды, долданды.* **Жер тепсінді.** *Қатты кейіді, қатты кіжіне ұрысты.* **Жер тепшіледі.** жерг. *Жерді қолдан өңдеп күн көрді.* **Жер тоқпақтатты.** *Басып озды, алдын орап кетті.* **Жер томпайтты.** *Жерге көміп бастырды, үстіне топырақ үйді.* **Жер төсек.** *Жерге салынған төсек.* **Жер [беті] тобарсыды.** *Жер суды бойына тартып, ширады.* **Жер түбі.** *Тым алыс, қиян шет, жырақ.* **Жер түбінен ойлады.** *Арыдан, тереңнен түйді.* **Жер тістеді.** *Өлді, жер құшты.* **Жер тітіреу.** ***Жер сілкіну.*** **Жер ұжмағы.** *Қасиетті жер.* **Жер ұтты.** *Жүрер жолдың ортасынан асты, жолдың көбі артта қалды.* **Жер үй.** *Жерден қазылып жасалынған үй.* **Жер үйді.** *Жер аударылды.* **Жер шары.** *Бүкіл әлем, жер жүзі.* **Жер шегі.** *Жердің бітер жері, аяқталар тұсы.* **Жер шеті.** *Алыс жер, қиыр.* **Жер шұқыды [шұқылады].** *Қатты ұялды, бетінен оты шықты.* **Жер [топырақ] шұқытты.** *Елдің бетіне қарай алмайтындай етті, ыңғайсыз жағдайға қалдырды.* **Жер шұрайы.** *Жердің жақсысы, жерұйық.* **Жері кеңіді.** *Дегені болды, көңілі орнына түсті.* **Жеріне жеткізді.** *Бір нәрсені аяғына дейін істеді, тындырды.* **Жеріне жеткізе.** *Бабына келтіре, асыра (айтты, дәріптеді, мақтады).* **Жеріне жетті.** *Әбден ақиқатына көзі жетті.* **Жерін тапты.** *Бұл жерде теңіне тұрмысқа шықты деген мағынада.* **Жер ядросы.** геол. *Жердің негұрлым терең орталық геосферасы.*

**ЖЕРАҒАШ** зат. көне. *Ертеректегі ағаш соқа.*

**ЖЕРАЛМҰРТЫ** зат. <лат. helianthus tuberosus> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, күнбағыс туыстас, көпжылдық, тамыр жемісті өсімдік.*

**ЖЕР-АНА** зат. *Тіршілік көзі, өмір негізі.*

**ЖЕРАРБА** зат. жерг. *Қалқандығы зор, аласа арба.*

**ЖЕРАСТЫ** сын. *Жердің астыңғы қабатында орналасқан.*

**Жерасты құрылыстары.** а) әск. *Жою құралдары әсерінен жеке құрамды, басқару пункттерін, әскери техника мен өндірістік кәсіпорындарды қорғауға арналған құрылыс түрлері.* ә) *Жер астына орналасқан ғимараттар.* **Жерасты өзендері.** сушар. *Жарықшақты тау-жыныстарда, тау үңгірлерінде және басқа да жерасты қуыстарында орналасқан, еркін ағып жататын сулар.* **Жерасты өткелі.** *Көшелердің, ғимараттардың және т.б. астынан қазып жасалған, жолаушылар жүретін галерея, коридор.* **Жерасты өтпе жол.** *Көшелерді т.б. жерлерді жерасты арқылы кесіп өтетін жол.* **Жерасты су ағыны.** сушар. *Таужыныстардың ішінде ағын күшінің азаю жағына (бағытына) қарай қозғалатын жерасты суы.* **Жерасты сулары.** сушар. *Жер қыртысын құрайтын таужыныстардың ішіндегі барлық физикалық күйдегі (сұйық газ тәрізді, қатты) сулар.* **Жерасты суларының қоры.** *Сулы тау жыныстардың қеуектерінде, қуыстарында, жарықшақтарында жиналған гравитациялық судың мөлшері.* **Жерасты суының деңгейі.** *Берілген нүктедегі жерасты суының еркін немесе арындық бетінің кез келген салыстыру жазықтығына (мысалы, теңіз деңгейі) қарағандағы орны.*

**ЖЕРАСТЫЛЫҚ** сын. *Жер астында орналасқан (құрылыс).*

**ЖЕРАУЛА** зат. жерг. *Құдықтан су алу жұмысын жеңілдететін ағаш.*

**ЖЕР-ӘЛЕМ** зат. *Бүкіл дүниежүзі.* **Жер-әлемге сыймады.** *Байыз таппады, мазасызданды.*

**ЖЕР-ӘМІР** зат. ***Жер-әлем.***

**ЖЕРБАЛШЫҚТЫ: жербалшықты цемент.** хим. *Байланыстырғыш негізі кальций алюминаттары болып келетін суда және ауада тез қататын цемент.*

**ЖЕРБАРАҚ** зат. *Жерді қазып жасалған баспана.*

**ЖЕРБАСАР**[1] зат. көне. *Жер салығы.*

**ЖЕРБАСАР**[2] зат. *Аяқкиімнің жерге тұтас тиіп тұратын бөлігі.*

**ЖЕРБАУЫРЛА=** ет. *Жерге етпеттеп жатып жылжу, еңбектеу.*

**ЖЕРБЕДЕР** зат. геогр. <франц. relief> *Құрлықтың, теңіздер мен мұхиттар түбінің пішіні, мөлшері, шығу тегі, жасы және даму тарихы жөнінен алуан түрлі нысандарының жиынтығы.*

**ЖЕРБИДАЙ** зат. жерг. *Басында дәні бар өсімдік түрі.*

**ЖЕРБӨГЕТ** зат. сушар. *Өзен арнасын бөгеп, су қоймасын жасауға арналған гидротехникалық құрылыс.*

**ЖЕРБҰРЫШ** зат. жерг. *Қой жейтін шөп түрі.*

**ЖЕРГІЛІКТЕНДІР=** ет. *Жерсіндіру, жергілікті халыққа жақындату.*

**ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ** *Жергіліктендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРГІЛІКТІ** сын. *Осы жерде тұратын, тұрғылықты.*

**Жергілікті ағынды.** сушар. *Біртекті физикалық-географиялық ауданда су ағынының құралуы.* **Жергілікті адам.** *Белгілі бір жердің тұрақты тұрғыны.* **Жергілікті байланыс.** тех. *Телефон, телеграф, радио, спутниктік техникалық құралдар арқылы белгілі бір мемлекет немесе аймақішілік қатынас.* **Жергілікті билік.** қоғ. *Белгілі бір жердегі, аймақтағы билік.* **Жергілікті бюджеттер.** экон. *Жергілікті өкілдікті органдардың қаржы базасы.* **Жергілікті желдер.** геогр. *Белгілі бір аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктеріне (орографиялық құрылымына, үлкен су қоймаларының болуы т.б.) байланысты болатын табиғи құбылыс.* **Жергілікті желідегі компьютерлер.** инф. <ағыл. local area network (LAN)> *Мәліметтер жеткізу жылдамдығы 1 Мбит/сек шамасынан кем түспейтін компьютерлік желі түрі.* **Жергілікті жер.** кіт. *Барлық элементтерімен: бедерлерімен, жер қабатымен, суымен, өсімдігімен, сондай-ақ, қатынас жолдарымен, тұрғылықты жерлерімен, өнеркәсіп, ауылшаруашылық және әлеуметтік-мәдени объектілерімен қоса алғандағы жер жазықтығының бір бөлігі (аймағы, ауданы).* **Жергілікті жердің макеті.** *Жергілікті жер бөлігінің оны неғұрлым жақсы сипаттайтын элементтері және жергілікті заттар көрсетілген кішірейтілген бедері.* **Жергілікті жұмысшы.** *Белгілі бір жерде тұрақты түрде жұмыс істейтін адам.* **Жергілікті жұрт [халық].** *Белгілі бір жердің тұрақты тұрғындары.* **Жергілікті колорит.** әдеб. *Әдеби шығармаларда белгілі бір қоғамның өміріне, сол ортаға, мекен-жайға тән ерекшеліктердің көрініс табуы, суреткер жазбаларының жергілікті сипаттағы бояуреңкі.* **Жергілікті комитет.** әкімш. *Жергілікті жердегі кәсіподақ ұйымы, комитеті.* **Жергілікті коррозия.** *физ. Бүліну беті жеке бөлігінде ғана өтетін коррозия.* **Жергілікті маман.** *Белгілі*

*бір жерде тұрақты қызмет істейтін маман.* **Жергілікті нарық.** э к о н. *Белгілі бір аймақ көлеміндегі белгіленген баға.* **Жергілікті отын.** *Өндірілген ауданында жергілікті тұтынушылар пайдаланатын, төмен сортты және алысқа тасуға жарамсыз отын.* **Жергілікті өзін-өзі басқару.** с а я с и. *Мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлік тұрғындарының және оның сайланбалы органдарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі.* **Жергілікті тіл.** *Әркімнің өзі туып-өскен ортасының, өлкесінің тілі [Оның әдеби тілден де, басқа аймақтағы тұрғындардың тілінен де өзгешелеу, өзіне ғана тән кейбір ерекшеліктері болады].* **Жергілікті уақыт.** *Жердің белгілі бір орны үшін анықталған уақыт.* **Жергілікті ұйым.** *Тұрғылықты (ауыл, аудан көлеміндегі) жерлердегі қоғамдық түрлі қарым-қатынасты реттейтін заңды ұйымдар.*

**ЖЕРДЕЙ** с ы н. *Жер сияқты.*

**ЖЕР-ДҮНИЕ** з а т. *Барша әлем, бүкіл дүниежүзі.*

**ЖЕРЕБЕ** з а т. *Бірдемеге кезек алу үшін, я арадағы дауды әділ шешу үшін бір түстес нөмірленген зат, я нәрсені жасырын алудың атауы.*

**Жеребе тартты.** *Кезек алу үшін жеребе тастады.*

**ЖЕРЕБЕСІЗ** с ы н. *Жеребе өткізусіз-ақ, жеребе салусыз-ақ.*

**ЖЕРЕМШЕК** з а т. *Тамыры жуандау бадanасы бар өсімдік.*

**ЖЕРЕХ** з а т. з о о л. *Тұзды суларда болатын, астыңғы қанаты қызғылт түсті, ұзынша балық.*

**ЖЕРЖАҢҒАҚ** з а т. б о т. <лат. arachis> *Бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық және көпжылдық боп бөлінетін шөптесін өсімдік.*

**Жержаңғақ майы.** *Құрамында біраз мөлшерде органикалық қышқылдары бар, кеппейтін өсімдік майы.*

**ЖЕРЖАСТЫҚ** з а т. *Кестеленіп, оюланып киізден жасалған үлкен жастық.*

**ЖЕР-ЖАҺАН** з а т. *Бүкіл әлем, жержүзі.*

**ЖЕР-ЖЕБІР: жер-жебіріне жетті.** а) *Сөзбен сөкті, қатты тілдеді, ұрысты.* ә) *Әбден қажытты, титығына жетті.*

**ЖЕР-ЖЕРГЕ** ү с т. *Әр жаққа, жан-жаққа.*

**ЖЕР-ЖЕРДЕ** ү с т. *Әр жерде, жан-жақта.*

**ЖЕР-ЖЕРДЕН** ү с т. *Әр жерден, жан-жақтан.*

**ЖЕР-ЖИҺАН** з а т. *Жержүзі, бар әлем, жер-жаһан.*

**ЖЕРЖҮЗІ** з а т. *Бүкіл дүние, барлық әлем.*

**Жержүзі нарығының конъюнктурасы.** э к о н. *Жержүзіндегі тауарлы рыноктағы сауда шарты.*

**ЖЕРКЕЗБЕ** з а т. ***Жиһангер.***

**ЖЕРКЕЛІ** з а т. ж е р г. *Ағаш келі жоқта жерді қазып жасаған келі.*

**ЖЕРКЕН=** е т. **1.** *Нашар тамақтан, кір заттан, сасық иістен адам денесінің сескенуі.* **2.** а у ы с. *Бір нәрседен іргесін аулақ салу, қашу.* **3.** а у ы с. *Жек көру, жақтырмау.*

**Жеркене қарады.** *Жақтырмады, ұнатпады, жек көрді.*

**ЖЕРКЕНГІШ** с ы н. **1.** *Сескенгіш, жеркене бергіш.* **2.** а у ы с. *Жаны жек көретін, ұнатпайтын.*

**ЖЕРКЕНДІР=** е т. *Жеркеніш тудыру.*

**ЖЕРКЕНДІРУ** *Жеркендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРКЕНТ=** е т. *Жеркеніш тудырту.*

**ЖЕРКЕНТУ** *Жеркент етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРКЕНУ** *Жеркен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нашар тамақтан, кір заттан, сасық иістен жирену.* **2.** а у ы с. *Жақтырмау, жек көру, ұнатпау.*

**ЖЕРКЕНШЕК** с ы н. *Жеркенгіш, жеркене бергіш.*

**ЖЕРКЕНІШ** з а т. *Жеркенгендік, жеркенушілік.*

**ЖЕРКЕНІШСІЗ** ү с т. *Жеркенбей-ақ, сескенусіз.*

**ЖЕРКЕНІШТІ** с ы н. **1.** *Кір, былғаныш, сасық.* **2.** а у ы с. *Жеркенетіндей; сүйкімсіз.*

**ЖЕРКЕНІШТІЛІК** з а т. *Жеркенгендік, жек көргендік.*

**ЖЕРКЕПЕ** з а т. **1.** *Тұтас немесе дені жерден қазылып жасалған тұрғын үй, жер үй.* **2.** ә с к. *Әскерлердің соғыс даласындағы уақытша бекініс үйі; блиндаж.*

**ЖЕР-КӨК** з а т. *Жер де, көк те – бәрі, бүкіл әлем.*

**Жер-көкке сыйғызбады.** *Тым асыра мақтады, шектен тыс мадақтады.* **Жер-көкке [жер бетіне] сыймады.** а) *Өзін қояр жер таба алмады, дегбірсізденді.* ә) *Қатты мақтанды.* б) *Орын табылмады; тым көп болды.* **Жер-көкте жоқ.** *Жұрттан бөлек, еш жерде кездеспейтін.* **Жер-көкті басына көтерді [көшірді].** *Қатты дүрліктірді.* **Жер-көкті шарлады [кезді].** *Көп жерді аралады.*

**ЖЕРКӨКСЕУ** з а т. э т н. *Жылқының сапарға, жолға шығар алдындағы жер тарпып, жақсылық нышанын білдіруі.*

**ЖЕРҚАЗАН** з а т. т а м а қ. *Етті қарынға салып, аузын мықтап бүріп, шұңқырдағы қоламтаға көміп пісірілетін тағам түрі.*

**ЖЕРҚАЗБА** з а т. ж е р г. ***Жеркепе.***

**ЖЕРҚАЗҒЫШ** з а т. *Ең кішкентай тышқан.*

**ЖЕРҚАЗЫҚ**[1] з а т. ж е р г. *Құмды жерге құмның астына қағып, бетін жауып қойған қазық.*

**ЖЕРҚАЗЫҚ**[2] з а т. ж е р г. *Соқаның жерді аударып отыратын жалпақ тісі алдына орнатылған пышақ тәрізді бөлігі.*

**ЖЕРҚОЙМА** з а т. *Тез бүлінетін өнімдерді сақтауға арналған, жерден қазып жасалынған арнаулы орын.*

**ЖЕРҚОНАҚ** з а т. ө с. *Тамырынан жасалған дәрілер ішек қабынуына қарсы қолданылатын жабайы өсімдік.*

**ЖЕРҚҰРТ** з а т. ж е р г. ***Жауынқұрт.***

**ЖЕРЛЕ**[1]**=** е т. **1.** *Өлген кісінінің денесін арулап көму.* **2.** а у ы с. *Дұшпанын құрту, жер жастандыру.* **3.** а у ы с. *Айыбын бетіне басу, сөгу, жер-жебіріне жету.* **4.** а у ы с. *Жоқ ету, құрту.*

**ЖЕРЛЕ**[2]**=** е т. *Біреудің жерін мекендеу, қоныстану.*

**ЖЕРЛЕГІШ** с ы н. *Біреудің жер-жебіріне жеткіш, сөккіш.*

**ЖЕРЛЕН=** е т. **1.** *Топырақ жастану, о дүниелік болу, денесі көмілу.* **2.** а у ы с. *Ұмыт болу, алыстау.*

**ЖЕРЛЕНУ** *Жерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРЛЕП-ЖЕРЛЕП** ү с т. *Ұрсып-ұрсып, сөгіп-сөгіп, айыбын бетіне басып.*

**ЖЕРЛЕС** з а т. *Ауылдас, мекендес, отандас.*

**ЖЕРЛЕС=** е т. *Қайтыс болған адамды көмісу, туған-туыс, жақындарының қайғысына ортақтасу.*

**ЖЕРЛЕСТІК** з а т. *Елдестік, ауылдастық, отандастық.*

**ЖЕРЛЕСУ** *Жерлес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРЛЕТ=** е т. **1.** *Өлген, шейіт болған адамдардың денесін арулап көмдіру.* **2.** а у ы с. *Жер қылдыру.*

**ЖЕРЛЕТТІР=** е т. *Көмдірту.*

**ЖЕРЛЕТТІРУ** *Жерлеттір етістігінің қимыл атауы; жер қылдырту, ұялту.*

**ЖЕРЛЕТУ** *Жерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРЛЕУ** *Жерле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өлген кісінің сүйегін арулап көму.* **2.** а у ы с. *Айыбын бетіне басу, сөгу, жер-жебіріне жету.* **3.** а у ы с. *Жасыру, жамап-жасқау.*

**Жерлеу бюросы.** *Қайтыс болған адамды жерлеуге қажетті қызмет жасайтын орын.* **Жерлеу рәсімі.** *Қайтыс болған адамды жер қойнына беруге арналған ережелер жиынтығы.*

**ЖЕРЛЕУШІ** з а т. **1.** *Өлген адамды азалап көмуші.* **2.** а у ы с. *Жер-жебіріне жетіп сөгуші, жазғырушы.*

**ЖЕРМАЙ** з а т. с ө й л. ***Керосин*** *($C_9$-$C_{16}$ көмірсутектерінің қоспасы).*

**ЖЕРМЕ-ЖЕР** ү с т. ж е р г. *Орын-орнына.*

**ЖЕРМЕН-ЖЕКСЕН** с ы н. 1. *Тіпті аласа, тапал.* **2.** *Тып-типыл, жоқ.*

**Жермен-жексен болды.** *Жер бетімен бірдей болып, құрып кетті.* **Жермен-жексен қылды [етті].** а) *Тып-типыл етті, жоқ қылды.* ә) *Ойран салды, қырып-жойды, жер жастандырды.* б) *Аузын аштырмады, сөзден дес бермеді.*

**ЖЕРМЕН-ЖЕР** с ы н. *Жермен-жексен, тым аласа.*

**ЖЕРМЕШЕЛ** с ы н. ж е р г. **1.** *Жер жастанған; аласа, тапал.* **2.** а у ы с. *Ынжық, жерге қараған, селқос.*

**ЖЕРОЙДЫҚ** с ы н. ж е р г. *Өте көп, мол.*

**ЖЕРОРТА** з а т. *Қырық-елу жастан асқан жас шамасы.*

**ЖЕРОШАҚ** з а т. *От жағып, үстіне қазан асуға, нан пісіруге арналған шұңқыр.*

**Жерошақ майлау.** э т н. *Той, ас берілер алдындағы берілетін ас; кеңесасы.*

**ЖЕРСАҒЫЗ** з а т. б и о л. <лат. chondrilla> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде екіжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЕРСАНА** з а т. ө с. ж е р г. *Түп-түп болып, көкпеңбек болып шығатын, қурағанда ағарып кететін, мал жемейтін шөп.*

**ЖЕРСАТЫ** з а т. ж е р г. *Үйдің баспалдағы.*

**ЖЕРСӘКІ** з а т. *Жерден биіктеу етіп жасалған сәкі.*

**ЖЕРСЕРІГІ** з а т. *Жердің жасанды спутнигі.*

**ЖЕРСОҒАР** з а т. *Тұяқтың кейінгі жағындағы қаттысы, өкшелігі.*

**ЖЕР-СУ** з а т. *Жер, өзен, көл – бәрі.*

**ЖЕРСЫБЫР** з а т. *Жасырын әңгіме.*

**ЖЕРСІЗ** с ы н. *Жері жоқ.*

**ЖЕРСІЗДЕНУ=** е т. *Жерден айырылу.*

**ЖЕРСІЛКІНУ** з а т. *Жерасты дүмпу күштерінің әсерінен Жердің сыртқы қабатында болатын тербеліс.*

**ЖЕРСІН=** е т. *Өсімдіктің, жануарлардың жаңа орта табиғатына бейімделуі.*

**ЖЕРСІНДІР=** е т. *Өсімдікті, жануарларды жаңа орта табиғатына (жеріне, суына, ауа райына) бейімдеу.*

**ЖЕРСІНДІРУ** *Жерсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРСІНДІРІЛ=** е т. *Өсімдік, жануарлардың жаңа орта табиғатына (жеріне, суына, ауа райына т.б.) бейімделуі.*

**ЖЕРСІНДІРІЛУ** *Жерсіндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРСІНУ** *Жерсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРТАБАН** з а т. ж е р г. *Табалдырық.*

**ЖЕРТАҒАН**[1] з а т. ө с. <лат. rosularia> *Жасаңшөптер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЕРТАҒАН**[2] с ы н. *Жермен-жер, аласа, тапал.*

**ЖЕРТАҒАНДАП** ү с т. **1.** *Жер бауырлап, жерге жабысып.* **2.** а у ы с. *Екі қолымен жер тіреп.*

**ЖЕРТАМЫР** з а т. ж е р г. *Дәрі жасайтын шөп түрі.*

**ЖЕРТАНУ** з а т. г е о г. **1.** *Географиялық қабықтың дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін физикалық география ғылымының бір саласы.* **2.** *Жерді планета ретінде қарастыратын ғылымдардың жиынтық атауы.*

**ЖЕРТАРАП** з а т. *Ландшафт мағынасында.*

**ЖЕРТАРАПТЫҚ** с ы н. к і т. *Географиялық орта мен соны қоршап жатқан аумаққа қатысты.*

**ЖЕРТАРТҚЫШ** зат. *Артық токты реттеп, жерге сіңіргіш.*

**ЖЕРТАС** сын. жерг. *Пысық, еті тірі, қолынан іс келетін.*

**ЖЕРТЕЗЕК** зат. *Батпақты жерлерде болатын отындық зат; торф.*

**Жертезек болды.** *Тауы шағылды, таба болды.*

**ЖЕРТЕСЕР** зат. зоол. <лат. soricidae> *Негізінен насекомдармен қоректенетін, құлағы өте қысқа, кішкентай тышқан; жәндік жегіштер отрядының тұқымдасы.*

**ЖЕРТӨЛЕ** зат. **1.** *Уақытша мекендеу үшін жерден қазылып, төбесі жабылған баспана.* **2.** әск. *Ұрыс даласындағы әскерлердің уақытша баспанасы, блиндаж; жеркепе.* **3.** *Үйдің бірінші қабатының астыңғы жағындағы жермен жапсарлас бөлігі; подвал.*

**ЖЕРТӨСЕК** зат. *Жерге салынған төсек.*

**ЖЕРУ** *Жері етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Енесінің (мал) төлін емізбей қашақтауы.* **2.** ауыс. *Жалығу, жауыр болу, безу.*

**ЖЕРУ**[2]=ет. жерг. *Жерік болу.*

**ЖЕРУІК** сын. *Жерігіш.*

**ЖЕРҰЙЫҚ** зат. миф. *Жайлы қоныс, бейбіт мекен.*

**ЖЕРҰЙЫҚТАЙ** сын. *Жерұйық сияқты, жайлы, жұмақ жердей.*

**ЖЕРҰШЫҚ** зат. *Ұшынғаннан болатын ауру.* **Жерұшық беру.** *Ұшықтау, ұшкіру.*

**ЖЕРҮЙЕК** зат. ***Жерұйық.***

**ЖЕРҮСТІ** сын. *Жердің үстіңгі бетіндегі.*

**Жерүсті әскерлері.** әск. *Ұрыс әрекеттерін құрлықта жүргізетін әскер.* **Жерүсті сулары.** *Жер бетінде таралған тұрақты не уақытша қалыптасқан сулардың барлық түрлері (өзен, көл, мұхит т.б.).*

**ЖЕРШАШАҚ** зат. өс. <лат. cynomoriaceae> *Бұта өсімдіктердің тамырында паразит түрде өсетін біржылдық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ЖЕРШОШАҚ** зат. өс. жерг. ***Жершашақ.***

**ЖЕРШІЛ** сын. **1.** *Жеріне тарта беретін, өз жеріне әбден үйренген.* **2.** *Жер танығыш, адаспайтын (адам).*

**ЖЕРШІЛДІК** зат. **1.** *Жер танығыштық, адаспайтындық.* **2.** *Жерлестік, жерлестеріне бүйрегі бұрғыштық.*

**ЖЕРІ**[1]=ет. **1.** *Енесінің төлінен безуі, емізбей қашқалақтауы.* **2.** ауыс. *Бір нәрседен жирену, безу, қашақтау.* **3.** ауыс. *Жалығу, безер болу.* **4.** ауыс. *Жерге қарау, ұялу.*

**ЖЕРІ**[2]=ет. жерг. *Жерік болу.*

**ЖЕРІГІШ** сын. **1.** *Өз төлін бауырына алмайтын (мал).* **2.** ауыс. *Жиренгіш, жалыққыш, безгіш.*

**ЖЕРІК** зат. **1.** *Екіқабат әйелдің белгілі бір тағам түріне аңсары аууы, құмарлануы; екі қабат әйелдерде болатын физиологиялық құбылыс.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге құштарлық, құмарлық.*

**Жерігі қанды.** *Екіқабат әйел тамақтың бір түріне зауқы түсіп, соны тоя жеп құмардан шықты.* **Жерік болды.** а) *Екіқабат болған әйелдің бір асқа аңсары ауды.* ә) *Бір нәрсеге құмартты, қызықты, ықыласы ауды.*

**ЖЕРІКАС** зат. **1.** *Аңсары ауған, жақсы көретін тамақ.* **2.** ауыс. *Жүкті әйелдің құмарта жеген асы.*

**ЖЕРІКТЕЙ** сын. *Жерік болғандай, жерік адамдай.*

**ЖЕРІКТІК** зат. *Жерік болушылық.*

**ЖЕРІН=** ет. *Жеркену; безіну, жалығу.*

**ЖЕРІНДІР=** ет. *Аулақтату, алшақтату.*

**ЖЕРІНДІРУ** *Жеріндір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРІНТ=** ет. *Жалықтыру.*

**ЖЕРІНТУ** *Жерінт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРІНУ** *Жерін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕРІНШЕК** сын. *Жеркенгіш.*

**ЖЕРІТ=** ет. *Мезі қылу, жалықтыру.*

**ЖЕРІТУ** *Жеріт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕС=** ет. *Бөлісіп жеу.*

**ЖЕСУ** *Жес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕСІР** зат. **1.** *Күйеуі жоқ (өлген) әйел.* **2.** этн. *Қалыңмалы төленген қалыңдық.* **3.** ауыс. *Иесіз қалған (жер т.б.).* **4.** ауыс. *Бейбақ, бейшара.*

**Жесір әйел [қатын].** *Күйеуі өліп, тұл қалған әйел.* **Жесір болды.** *Күйеуі өліп, тұл қалды.* **Жесір даулады.** этн.құқық. *Құда түсіп, қалыңмалы төленген қалыңдықтың не күйеуі өлген жесір әйелдің әмеңгерлік жолмен бармай басқа күйеуге тиіп кетуіне байланысты таласты, тартысты.* **Жесір дауы.** көне. этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құда түсіп, қалыңмалы төленген қалыңдықтың, не күйеуі өлген жесір әйелдің әмеңгерлік жолмен баратын жеріне разы болмай, түрлі себеппен басқа жаққа күйеуге тиіп кетуі салдарынан туатын дау.* **Жесір дауы, жер дауы.** этн. *Ертеде жесірге, жайлау-қыстауға байланысты ел арасында туған талас-тартыс.* **Жесір қалды.** *Ері өліп, күйеусіз тұл қалды.*

**ЖЕСІРДЕЙ** сын. сөйл. *Жесір әйел сияқты.*

**ЖЕСІР-ЖЕБІР** зат. сөйл. ***Жетім-жесір.***

**ЖЕСІР-ЖЕТІМ** зат. сөйл. ***Жетім-жесір.***

**ЖЕСІР-ЖЕТІМЕК** зат. ***Жетім-жесір.***

**ЖЕСІРЛІК**[1] зат. *Жесір болушылық; ерсіз, күйеусіз қалушылық.*

**ЖЕСІРЛІК**[2]: **жесірлік ат.** *Өте қымбат, жүйрік ат; бір қыздың қалыңмалына бағаланатын ат.*

**ЖЕСІРШІЛІК** зат. *Жесір қалушылық, қорғансыздық, панасыздық.*

**ЖЕСІС=** ет. *Бірге жеу.*

**ЖЕТ=** ет. **1.** *Белгілі бір жерге, межеге бару.* **2.** *Белгілі бір жерге келу.* **3.** *Бір нәрсеге қолы жету, ие болу.* **4.** *Арман-тілегі, мақсат-мұраты орындалу.* **5.** *Белгілі бір жасқа (санға) толу.* **6.** ауыс. *Көп, мол, жетерлік.* **7.** ауыс. *Грамматикалық формалармен түрленіп «доғар, тоқтат» деген мағыналарда қолданылады.*

**Жеткен жері.** *Қолынан келгені, шамасының жеткені.* **Жетпей желкең қиылғыр!** қарғ. *Жастай солғыр, жетпегір!* **Жетпей желкесі қиылсын**! қарғ. *Жасына жетпей өлсін!* **Жетіп барды.** *Тез жетті.* **Жетіп жығылды.** *Не де болса барар жеріне, ойлаған жеріне барып бір тоқтады, демалды.* **Жетіп келді [сау етіп, салып ұрып жетіп келді].** *Аяқ астынан тап болды, сау ете қалды.*

**ЖЕТЕ**[1] зат. көне. **1.** *Орақтың, пышақтың т.б. сағағы, мойыны.* **2.** *Адамның (малдың) желке тұсы, мойны.* **3.** ауыс. *Ақыл, сана, ми, өре.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің негізі, тегі; тумысы, жаратылысы; мән-мағынасы.* **5.** *Арғы ата, ата-баба.*

**Жетесіне жетті.** *Бір нәрсенің байыбына барды, мәніне түсінді.*

**ЖЕТЕ**[2] үст. *Әбден байыбына бара; жыға.*

**ЖЕТЕК**[1] зат. тех. *Мәшине немесе механизмдерді іске қосатын құрылғы.*

**ЖЕТЕК**[2] зат. **1.** *Арба-шананы сүйрету үшін арнайы жасалған тәрте, арыс.* **2.** *Қосарға алған, жетектеген мал (адам).* **3.** ауыс. *Біреудің, бір нәрсенің ыңғайы, ырқы.*

**Жетегінде жүрді.** *Біреудің ырқында кетті.* **Жетекке алды.** *Қосарға алды, жетектеді.* **Жетекке ерді.** *Біреудің айтқанына көнді, ырқына жүрді.*

**ЖЕТЕК**[3] зат. жерг. *Сырыққа байланатын кендір арқан.*

**ЖЕТЕКАРҚАН** зат. балықшар. *Ағынға қарсы құрылған аудың жиек жіптерін байлайтын негізгі жетек (жуан арқан).*

**ЖЕТЕКСІЗ** сын. *Жетегі жоқ.*

**ЖЕТЕКТЕ=** ет. **1.** *Адамның қолынан ұстап жетелеу.* **2.** *Малды не итті т.б. мойнындағы жіптен (шылбырдан, баудан) ұстап жетелеу.* **3.** ауыс. *Біреуді соңынан ілестіру, ерту.* **4.** ауыс. *Қамқор болу, көмектесу, баулу.* **5.** ауыс. *Ойын ұштау, шыңдау.* **6.** ауыс. *Жетекшілік ету.* **7.** ауыс. *Ойға, қиялға берілу.*

**ЖЕТЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Жетегіне еру, ілесу.* **2.** *Жетелену.*

**ЖЕТЕКТЕЛУ** *Жетектел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕКТЕС=** ет. *Бірге жүру.*

**ЖЕТЕКТЕСУ** *Жетектес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕКТЕТ=** ет. *Ерту, беріп жіберу, ілестіру.*

**ЖЕТЕКТЕТУ** *Жетектет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕКТЕУ** *Жетекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕКТЕУЛІ** сын. *Жетегіне ерген.*

**ЖЕТЕКТЕУШІ** зат. *Жетекке алушы.*

**ЖЕТЕКШІ**[1] зат. **1.** *Жолбасшы, жол бастаушы.* **2.** *Құрылған ұйымның басқарушысы, ұйымдастырушысы.* **3.** ауыс. *Негізгі, басты.* **4.** ауыс. *Түрткі, себеп.* **5.** сөйл. ***Ғылыми жетекші.***

**Жетекші құрал.** *Басшылыққа алынатын негізгі кітап.* **Жетекші сұрақ.** пед. *Оқушыларға, студенттерге оқытушы тарапынан еске салу, жауабын толықтыру үшін қойылатын бағыттаушы, сүйемел сұрақ.*

**ЖЕТЕКШІ**[2] зат. астр. *Аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

**ЖЕТЕКШІЛ** сын. *Жетекке ергіш, ілескіш.*

**Жетекшіл түйе.** жерг. *Бұйдасынан жетелегенде тартыншақтамай, бақырып-шақырмай еріп жүре беретін түйе.*

**ЖЕТЕКШІЛІК** зат. *Жетекші болушылық, басшылық.*

**ЖЕТЕКШІСІЗ** сын. сөйл. *Жетекшінің қатысынсыз, жол көрсетушісіз.*

**ЖЕТЕ-ҚАБА** үст. *Барабар, шамалас.*

**ЖЕТЕ-ҚАБЫЛ** үст. **1.** *Бір-біріне қатар, шамалас.* **2.** *Іле-шала.*

**ЖЕТЕЛЕ=** ет. **1.** *Адамды қолынан ұстап, ертіп жүру, жетектеу.* **2.** *Малдың бас жібінен ұстап жетектеу.* **3.** ауыс. *Ойға, қиялға берілу, жетегінде кету, үмітке еру.* **4.** ауыс. *Жол салу, жол көрсету, бағыт беру.*

**ЖЕТЕЛЕЙ-МЕТЕЛЕЙ** үст. *Жетелеген күйі.*

**ЖЕТЕЛЕКТЕ=** ет. жерг. *Жетектеу.*

**ЖЕТЕЛЕС=** ет. *Жетектесу, қол ұстасу.*

**ЖЕТЕЛЕСУ** *Жетелес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕЛЕТ=** ет. *Мал жетектету, сыйға мал (ат) тарту ету.*

**ЖЕТЕЛЕТУ** *Жетелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТЕЛЕУ** *Жетеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Адам болса қолынан, мал болса шылбырынан ұстап жетектеу.* **2.** ауыс. *Ерту, ілестіру.* **3.** ауыс. *Қолдау көрсету, бағыттау.*

**ЖЕТЕЛЕУСІЗ** үст. *Жетелемей, ілестірмей.*

**ЖЕТЕЛЕУШІ** зат. **1.** *Адам болса қолынан, мал болса шылбырынан ұстап жетектеуші.* **2.** ауыс. *Жетегіне алушы; соңынан ертуші, ілестіруші.*

**ЖЕТЕЛІ** сын. **1.** *Жетесінде бір нәрсе бар, ақылды, саналы (адам).* **2.** ауыс. *Ойлы, мағыналы, салиқалы (сөз, әңгіме).*

**ЖЕТЕЛІЛІК** зат. *Ақылдылық, саналылық.*

**ЖЕТЕР-ЖЕТПЕС** үст. **1.** *Жуық, жақын, шамалас.* **2.** *Тақ-тұқ, жеткілікті емес.*

**ЖЕТЕРЛІК** сын. **1.** *Жететін, жетіп қалатын.* **2.** *Жеткілікті, мол.*

**ЖЕТЕСІЗ** сын. **1.** *Санасыз, ойсыз, жігерсіз.* **2.** *Тексіз.* **3.** ауыс. *Мән-мағынасы жоқ, бос (сөз).*

**ЖЕТЕСІЗДЕЙ** сын. *Жетесі жоқ сияқты; санасы, ақылы жоқтай.*

**ЖЕТЕСІЗДЕУ** сын. *Жетесізірек, санасыздау, ақылсыздау.*

**ЖЕТЕСІЗДІК** зат. *Жетесінде еш нәрсе жоқтық; жігерсіздік, намысы жоқтық, тексіздік.*

**ЖЕТЕУ** сан. *Жеті санының жинақтық түрі, жинақтық сан есім.*

**ЖЕТКЕР=** ет. көне. *Жеткіз.*

**ЖЕТКІЗ=** ет. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып беру.* **2.** *Белгілі бір жерге дейін алып бару.* **3.** *Артынан қуғанды маңына жуыту, қатарластыру.* **4.** ауыс. *Санын теңестіру.* **5.** ауыс. *Құлақтандыру, айту, хабар беру.* **6.** ауыс. *Сезімін білдіру.* **7.** ауыс. *Өсіріп-өндіру, бағып-қағу, қатарға қосу.* **8.** ауыс. *Өсиет ету, кейінгі ұрпаққа қалдыру.*

**Жеткізе өңдейтін майұнтақ.** тех. *Ұсақ түйіршікті қажақтың (электрокорунд, кремний карбиды, бор карбиды) және қою консистенциялы майлар қоспасы, құралдарды және тетіктерді жеткізуге арналған майұнтақ.*

**ЖЕТКІЗГІСІЗ: айтып жеткізгісіз.** *Тіл жетпейтін, айтып болмайтын.*

**ЖЕТКІЗДІР=** ет. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып бергізу.* **2.** *Адамды тиісті жеріне дейін апарып салғызу.* **3.** *Құлақтандыру, құлақ қағыс еткізу, біреу арқылы естірту.*

**ЖЕТКІЗДІРТ=** ет. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып бергіздірту.* **2.** *Адамды тиісті жеріне дейін апарып салдырту.*

**ЖЕТКІЗДІРТУ** *Жеткіздірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТКІЗДІРУ** *Жеткіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТКІЗЕРЛІК** сын. *Жеткізуге боларлық, айтарлық, мәлімдерлік.*

**ЖЕТКІЗУ** *Жеткіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Затты тиісті жерге апарып беру.* **2.** *Санын теңестіру.* **3.** *Хабар беру, құлақ қағыс ету, айту.*

**ЖЕТКІЗУШІ** зат. *Бір нәрсені апарушы, әкелуші, хабарын беруші.*

**ЖЕТКІЗІЛ=** ет. **1.** *Апарылып берілу.* **2.** *Саны теңестірілу.*

**ЖЕТКІЗІЛУ** *Жеткізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТКІЗІЛІМ** зат. *Заттың, тауардың белгілі бір өндіріс орнынан, дүкендерден, т.б. тауар алушының үйіне немесе мекемеге жеткізіліп берілуі.*

**ЖЕТКІЗІС=** ет. *Жеткізуге көмектесу, апарысу.*

**ЖЕТКІЗІСУ** *Жеткізіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТКІЛ** сын. жерг. *Жеткілікті.*

**ЖЕТКІЛІКСІЗ** сын. **1.** *Жетпейтін, жетіспейтін.* **2.** *Аз, аздық етеді, жетімсіз.*

**ЖЕТКІЛІКСІЗДЕУ** сын. *Аздау, жетімсіздеу.*

**ЖЕТКІЛІКСІЗДІК** зат. *Аздық, кемдік, жетімсіздік.*

**ЖЕТКІЛІКТІ** сын. *Жетерлік, көп, мол.*

**ЖЕТКІЛІКТІЛІК** зат. *Жететіндік, молдық, көптік.*

**ЖЕТКІНШЕК** зат. *Жасөспірім; жас жігіт.*

**ЖЕТКІНШЕКТЕП** үст. *Дәлдеп, туралап.*

**ЖЕТКІНШЕКТІК** сын. *Жасөспірімдік, жігіттік.*

**ЖЕТКІСІЗ** сын. *Жетпейтін, ерекше.*

**ЖЕТОН** [франц. jeton] зат. **1.** *Ойын-сауық, қоғамдық орындарда бағасы төленген, ақша орнына берілетін дөңгелек тежір.* **2.** *Белгілі бір ұйымның (үйірменің) мүшесі екенін білдіретін, сондай-ақ қандай да бір айтулы күннен, оқиғадан естелік ретінде немесе жүлде түрінде берілетін белгі.*

**ЖЕТПЕГІР** зат. **1.** қарғ. *Жасыңа жетпей кеткір, өспегір.* **2.** *Қатты ашуланғанда оңбай кеткір, ойлағаныңа жетпей қалғыр деген мағынада жасөспірім ер балаға, жігітке айтылатын қарғапа атауыш.*

**ЖЕТПЕС** сын. *Жете алмайтын, биік.*

**ЖЕТПЕСШІЛІК** зат. жерг. *Кемшілік, олқылық.*

**ЖЕТПЕУШІЛІК** зат. *Жетпей қалушылық, жетіспеушілік, аздық.*

**ЖЕТПІС** сан. *Алпыс тоғыз бен жетпіс бірдің арасындағы сан, 70 цифрының қазақша атауы. // Жетпіс жас.*

**Жетпіс екі жүйке.** *Бүкіл тұла бой, бар дене, қан-тамыр.*

**ЖЕТПІС-СЕКСЕН** сан. *Жетпіс, сексен шамасындағы болжалды сан.*

**ЖЕТПІСІНШІ** сан. *Жетпіс санының реттік түрі.*

**ЖЕТТІК=** ет. сөйл. ***Жетіл.***

**ЖЕТУ** *Жет етістігінің қимыл атауы; арақашықтығы едәуір жерге бару.*

**ЖЕТІ**[1] сан. *Алтыдан кейінгі есептік сан, 7 цифрының қазақша атауы. // Жеті жас.*

**Жеті амал.** этн. *Қазақтың байырғы күн қайыруындағы (күнтізбесіндегі) күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, тоқсанның кіруі деген табиғат құбылыстары [Байырғы кездерде жыл мезгілдеріндегі күн райының шаруаға қолайлы-қолайсыз болатындығын алдын ала болжап отыру үшін қазақ есепшілері қолданған жүйе].* **Жеті ата [атасы].** а) этн. *Баланың өзінен бастап есептегендегі әкесі, атасы, бабасы, арғы атасы және т.б. жетінші буыны.* ә) *Ата-тегі, тұқымы, шыққан елі.* б) экспр. жағымсыз. *Талайы, талай сұмдық, небір (бейнет).* в) ауыс. экспр. *Қыр-сыры, арғы-бергі жағы.* **Жеті атадан кегі бар.** *Әріден келе жатқан өштігі бар.* **Жеті ата жау.** *Ежелгі дұшпан.* **Жеті ата, жеті түптен бері қарай.** *Үрім-бұтақ, жұрағатынан бері қарай.* **Жеті атасына бітпеген.** *Өмірінде ұрім-бұтағына бітіп көрмеген.* **Жеті атасынан.** *Бүкіл ата-тегінен, арғы аталарынан бері.* **Жеті аталық ұстаным**. этн. *Жеті буынға дейінгі ұрпақ өздерін жақын, туысқан, бір атаның балалары санайтын, қыз алыспайтын, қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз ететін қағида.* **Жеті атасынан қара көк.** *Арғы аталарынан бері қарай аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс.* **Жеті атасынан түк көрмеген.** *Өмірі аузы жарымаған, надан.* **Жеті атасын білмеген мұрт [құрт].** көне. *Өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген, діннен шыққан, тексіз құл деген мағынада.* **Жеті атасын мал өлтірген.** *Дүниеқор, дүниеқоңыз.* **Жеті басты дәу [жалмауыз, жылан].** а) миф. *Ауыз әдебиетінде ғана кездесетін таңғажайып бейнелердің бірі.* ә) *Бәле, бәлекет, сұмдық.* **Жеті ғалам.** а) *Бүкіл дүниежүзі, шартарап.* ә) миф. *Қазақ халқының мифтік дүниетанымындағы дүниенің төрт бұрышы – күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, жоғарғы ғалам – аспан, орта ғалам – жер, төменгі ғалам – жер асты жеті бағытын білдіретін түсінік.* **Жеті ғашық.** *Шығыс елдеріне аңыз, дастан болып көп тараған, қазақ ақындары да жырға қосқан Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа, Фархад-Шырын, Таһир-Зуһра, Арзу-Қамбар, Уәлик-Гәрра, Уәки-Құлшаһ ғашықтық дастандары кейіпкерлерінің жалпы атауы.* **Жеті ғылым [ықылым]** ел. *Әлем, дүние [осындағы ғылым сөзі гректің «ықылым» – ел, әлем деген сөзінен ауысқан].* **Жеті дария.** *Алыс, қиыр шет.* **Жеті дуан ел.** *Байтақ ел, дүйім жұрт.* **Жеті дұспан.** көне. *Жеті түрлі жау, жеті түрлі қырсық-кедергі.* **Жеті жарғы.** этн. *Қазақ халқын билеген Тәуке хан заманында ұлы билер Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би т.б. билердің қатысуымен жасалған, ел ішіндегі құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы.* **Жеті жасынан.** *Ежелден, әуел бастан, қарғадайынан, қаршадайынан, бала шағынан.* **Жеті жұрт.** *Көп ел.* **Жеті жұртқа әйгілі [белгілі].** *Үлкен-кіші түгел біледі, бар ел-жұртқа танымал.* **Жеті [ағайынды] жұт.** *Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы жұт, қуаңшылық, індет, зілзала, сел, өрт, соғыс сияқты бір-біріне жалғасып, ілінісіп келетін, халық басына төнетін апаттардың жалпы атауы.* **Жеті жыл Сейфұл-Мәлік те дария кешкен.** *Қиындық әркімнің басында да болады, соған шыдаған адам ғана мұратына жетеді деген мағынада.* **Жеті кәміл**. *Желеп-жебеп, сүйеп жүретін жеті пір.* **Жеті кентті құртты.** *Неше буын жақсыны құртты, жалмады, жойды.* **Жеті күлше берді.** этн. діни. *Жеті күлше нан пісіріп құдайы ғып таратты.* **Жеті қабат жер асты.** а) миф. *Ертегі-аңыздардағы түсінік бойынша жеті түрлі қабаттан тұратын жерасты тіршілік әлемі.* ә) бейн. *Шахта, жерасты кен орны.* б) *Терең, түпкі.* **Жеті қабат [қат] жер астына түсті.** а) миф. *Жер астындағы өмірге барды.* ә) *Жоқ болды, жойылды.* б) *Ұялғаннан кірерге тесік таппады, қатты ұялды.* **Жеті қабат [қат] жер астында [қабатында].** а) діни. миф. *Өте тереңде.* ә) *Жер беті.* б) *Жерден төмен қазылған үңгір, кен орны, забой.* **Жеті қабат жер астындағыны ойлады**. *Ел ойламағанды, басқаның ойында жоқты ойлады.* **Жеті қабат көк**. а) діни. *Алла тағаланың аспанды жеті қабаттан етіп жаратқандығы туралы мифологиялық түсінік.* ә) *Жалпы мұсылмандық астрономиялық танымдағы Ай, Меркурий (Ғұтрад), Шолпан (Зуһра), Күн, Марс (Миррих немесе Қызыл жұлдыз), Юпитер (Муштари), Сатурн (Зухал) жеті жұлдызының жалпы атауы.* б) миф. *Түркі, моңғол мифологиясындағы аспанның күмбез сияқты төңкеріліп, тесігі – Темірқазық тығыны арқылы аспанның басқа қабаттарын көруге болатын, 16-18 қабаттан тұратын көк.* **Жеті қабат тау үсті.** *Адам аяғы әзер жетер қиын, алыс жер.* **Жеті қазына.** этн. *Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы ер жігіттің жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті болуымен байланыстыратын философиялық түсініктерінің бірі.* **Жеті қараңғы түн.** *Беймезгіл уақыт, түн іші.* **Жеті қасқа жүген.** *Жеті таспадан өрілген жүген түрі.* **Жеті қат терең.** бейн. *Ең терең, аса терең, ең түбі.* **Жеті қоңыраулы шашбау**. этн. жерг. *Бойжеткен қыздардың шашына тағатын жеті қоңыраулы бар шашбау түрі.* **Жеті құрақ**. жерг. *Құрылымы жеті қатардан тұратын, ақ пен қара материалдарды пайдаланып жасаған құрақ түрі.* **Жеті құт.** поэт. ***Жеті қазына.*** **Жеті қырдың астында.** *Тым алыста, баруы қиын жерде.* **Жеті қырдың ар жағындағыны [астындағыны] көреді.** *Көзі өте өткір, алыстағыны көреді.* **Жеті қырсық.** поэт. ***Жеті жұт.*** **Жеті мұң.** *Қалың қайғы.* **Жеті мүният**. *Батырлық, сұлулық, білімділік сияқты т.б. қасиеттер.* **Жеті мүше.** этн. *Он екі мүшенің жұбы барын қосақтап айту: бас, омыртқа, екі жамбас, екі жауырын, екі тоқпан жілік, екі асық жілік, екі қары жілік.* **Жеті нан.** діни. *Құдайға, аруаққа сиынып дөңгелек етіп, ортасын теспей пісірілген, көрші-қолаңға, жарлы-жақыбайға таратып беретін, үйде не мешітке апарып құран бағыштаған жеті не тоғыз шелпек.* **Жеті нан [шелпек] құдайы атады.** *Жеті нанмен садақа берді.* **Жеті насырым жерге кіріп, бетімнің суы бес төгіліп.** *Әбден ұялып, бетімнен отым шығып деген мағынада айтылады.* **Жеті нәзір.** *Өліктің жетісін беру.* **Жеті ру.** *Елдің бәрі, барлық ағайын-туыс.* **Жеті саулық, бір**

**қошқар.** діни. *Діни аңыз бойынша, жұмақтан жер бетіне қуылған Адам ата пайғамбар мен оның әйелі Хауа анаға Алла тағаланың малдан берген еншісі.* **Жетісін берді.** діни. *Діни, мұсылмандық әдет-ғұрып бойынша жасы кәмелеттен асып қайтыс болған адамға, оның жақын туыс, дос-жарандарына ас беріп, сүйегіне түскен адамдарға киімін беретін күн; бір жетіден кейін өлген адамды еске алу күні.* **Жеті тозақ [тамұқ].** а) діни. *О дүниедегі күнәлі адамдардың азап көретін орны [1. Ауажа – ораза-намазсыздық орны; 2. Шақыт – ұры мен зинақорлық орны; 3. Нақбыр – әке-шешесінің ренжіткеннің орны; 4. Расыт – ғайбатшылық айтқанның орны; 5. Лазит – бақсы мен жамандардың орны; 6. Қатим – еріншек бейнамаздың орны; 7. Жаһаннам – санасыздардың, кәпірлердің орны].* ә) поэт. *Ауыртпалық, қиындық, азап.* **Жеті тоғыз.** этн. *Бас жақсысы әртүрлі болып келетін (құң бастаған тоғыз, құл бастаған тоғыз, түйе бастаған тоғыз, бәйге аты бастаған тоғыз) жеті тоғыз.* **Жеті тоқсан**. жерг. *Жылдың күз мезгілінің басы.* **Жеті түнде [жеті түн ішінде].** *Түн ортасында, мезгілсіз кезде.* **Жеті тылсым.** *Құпиясы мол, қауіпті.* **Жеті ұйықтаушы.** діни. *Алты мүбәрак, мумин және бір ит [Алты мүбәрак, мумин жан Рим әміршісінен қашып үңгірге тығылған, қастарында бір ит болған. 300 жыл ұйықтап оянған. Аллаһ тағалаға және оның хақ пайғам-барына иман еткен. Аталмыш үңгір Түркия жұмһұриятының оңтүстігіндегі Тарсус қаласы-ның оңтүстігінде].* **Жеті шәріп.** діни. *Мұсылмандар дүние-сіндегі Мекке, Медина, Бұқар, Шам, Қатым, Құдыс, Құранды қосып атайтын жеті әулиенің жиынтық атауы.* **Жеті шоттан оқ [жақ] өткізген.** *Мықты, күшті, сайыскер.* **Жеті шыған жер түбі.** *Қиян, шет.* **Жеті ықылым.** фольк. *Жеті ендік бойындағы кеңістік және сол кеңістіктегі ел-жұрт; мұсылман елдерінің орта ғасырлық фәлсапасы бойынша жер-жаһан жеті қабаттан тұрады деген түсінік болған; жеті қат әлем.* **Жеті ықылымнан**. *Ертеден, бұрыннан.*

**ЖЕТІ**[2] зат. *Дүйсенбіден келесі дүйсенбіге дейінгі аралық уақыт, апта.*

**ЖЕТІГЕН** зат. муз. *Ұзынша жәшік тектес етіп жасалған, жеті қыл ішегі бар шертпелі музыкалық аспап.*

**ЖЕТІГІРЕК** сын. *Аздап жетіктеу.*

**ЖЕТІҒАН** зат. сөйл. ***Жетіген.***

**ЖЕТІДЕЙ**: **бір [екі] жетідей**. *Бір, екі апта шамасында.*

**ЖЕТІ-ЖЕТІДЕН** үст. *Жетеу-жетеуден бөлініп.*

**ЖЕТІЖЫЛДЫҚ** сын. тар. 1. *Кеңес Одағындағы халықшаруашылығының жеті жыл-ға есептеліп жасалған жоспары. // Жеті жыл мерзім. // Жеті сыныптан тұратын мектеп.*

**ЖЕТІК** сын. 1. *Жете білетін, білгір.* 2. *Шебер.* 3. *Шешен.*

**ЖЕТІКСІЗ** сын. жерг. *Жетімсіз, аз-кем.*

**ЖЕТІКТІК** зат. *Жақсы білетіндік, білгірлік.*

**ЖЕТІҚАРАҚШЫ** зат. астр. <лат. ursa major> *Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

**ЖЕТІЛ=** ет. 1. *Өсу, өзгеру, өзінің дамуындағы келесі сатыға өту.* 2. *Жазылу, оңалу, тыңаю.* 3. *Ұзару, таралу.* 4. *Жеткілікті болу.* 5. *Даму, өркендеу.* 6. ауыс. *Ел қатарына қосылу, жетісу.* 7. ауыс. *Толықтырылу, өсіріліп айтылу.*

**Жетілмеген саңырауқұлақтар**. бот. *Көбіне жыныссыз көбейетін көп клеткалы жіпшумақты саңырауқұлақтар класы.*

**ЖЕТІЛГІШ** сын. *Өскіш, өнгіш, өсімтал.*

**ЖЕТІЛГІШТІК** зат. *Тез өскіштік, өсімталдық.*

**ЖЕТІЛДІР=** ет. 1. *Жақсарту, деңгейін көтеру, дамыту.* 2. *Тәрбиелеу, дамыту, ілгерілету.*

**ЖЕТІЛДІРУ** *Жетілдір етістігінің қимыл атауы.* 1. *Меңгерту.* 2. *Дамыту, ілгерілету.*

**ЖЕТІЛДІРУШІ** зат. *Бір нәрсені дамытушы, алға апарушы, өркендетуші.*

**ЖЕТІЛДІРІЛ=** ет. *Жақсартылу, деңгейі көтерілу.*

**Жетілдірілген графикалық адаптер**. инф. *Ескірген бұрынғы бейнестандарт және соған сәйкес бейнеадаптер.*

**ЖЕТІЛДІРІЛУ** *Жетілдіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІЛЕП** үст. *Апталап, бір жеті бойы.*

**ЖЕТІЛТ=** ет. 1. *Мезгіліне жеткізу, өсіру.* 2. ауыс. *Тәрбиелеп өсіріп, жеткізу.* 3. *Өсіру, жетілдіру.* 4. *Жеткізу, толтыру, толықтыру.*

**ЖЕТІЛТУ** *Жетілт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІЛУ** *Жетіл етістігінің қимыл атауы.* 1. *Даму, өсу.* 2. ауыс. *Ояну, өркендеу, жаңа деңгейге көтерілу.*

**ЖЕТІЛІК**[1] сын. 1. ойын. *Жеті нөмірлі (карта).* 2. *Апталық.*

**Жетілік шам [лампы].** *Шишасының түбінің диаметрі жеті сантиметр болатын, жарығы әлсіз, бірақ керосинді көп жұтпайтын білтелі шам.*

**ЖЕТІЛІК**[2] зат. жерг. 1. *Керосин шамның шынысы, шишасы.* 2. *Шамның кішілеу түрі.*

**ЖЕТІЛІҢКІ** сын. *Өсіңкі, ірі, жетілген.*

**ЖЕТІЛІС** зат. *Даму, жетілу, толықтық.*

**ЖЕТІМ** сын. 1. *Әкесі не шешесі жоқ немесе екеуі де жоқ, 18 жасқа толмаған (бала). // Ата-анасыз, жалғыз, қамқоршысыз, жетім қалған бала.* 2. ауыс. *Арқа сүйері, қамқоры жоқ, жалғыз.* 3. ауыс. *Жалғыз, далада қалған.*

**Жетім атым насыбай.** *Жарты атым насыбай.* **Жетім бала.** *Ата-анасының біреуі, не екеуі де жоқ бала.* **Жетім бала, жесір қатын.** *Отағасы, асырау-шысы жоқ, қайтыс болған отбасы.* **Жетім белдеме.** этн. *Сойылған мал етінің бір бөлігі.* **Жетім бидай**. жерг. *Өткен жылдың аңызында қалған дәннен жабайы өскен бидай.* **Жетім босаға.** *Киіз үйдің кіреберісіндегі сол жақ босаға.* **Жетім бота.** *Енесі жоқ не болғанымен де сүтке жарымаған бота.* **Жетім бұзау.** *Енесіз қалған бұзау.* **Жетім жақ.** жерг. *Балықты қақ бөлгендегі сол жағы.* **Жетім жұрт.** *Панасы жоқ ел мағынасында.* **Жетім қазан**. жерг. *Тозығы жеткен ескі қазан.* **Жетім қалған құлындай.** *Шарасыз күйге түскен.* **Жетім қалды.** *Ата-анасынан айырылды.* **Жетім қозыдай.** *Жаутаң, күйреуік, жасқаншақ.* **Жетім құлын секілді.** поэт. *Қайда, кіммен бара жатқанын білмейтін, әркімнің соңынан бір жүгірген енесі жоқ құлын сияқты.* **Жетім құрыш қылыш.** *Құрышы айрықша суарылған қылыш.* **Жетім қыздың құнын сұрады.** *Арзан болса да ақы сұрады, ақы талап етті.* **Жетім қыздың тойындай.** *Елеусіз, берекесіз деген ұғымда айтылады.* **Жетім лақтай.** *Жалтаңдап, жаутаңдап.* **Жетім малта.** *Әбден езілген құрттың қалған сірнесі, сығынды.*

**ЖЕТІМАҚЫ** зат. сөйл. [лат. alimentum] *Айырылысып кеткен әкенің не шешенің сот шешімімен балаға төлеп тұратын ақшалай қаржысы.*

**ЖЕТІМБАУЫР** зат. *Малдың бауырына жабысып тұратын жұмсақ ет.*

**ЖЕТІМДЕЙ** сын. *Жетім сияқты.*

**ЖЕТІМДЕН=** ет. *Батылы жетпеу, жасқаншақтау.*

**ЖЕТІМДЕНУ** *Жетімден етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІМДЕУ** сын. *Көзге қораш, жүдеу, жұпыны.*

**ЖЕТІМДІ** сын. *Жеткілікті, толық.*

**ЖЕТІМДІК** зат. 1. *Әке-шешесіз қалушылық, жетім болушылық. // Жасқаншақ, батылсыз.* 2. ауыс. *Жалғыздық, қамқоршысыз қалушылық.*

**Жетімдік тақсіретін [тауқыметін] тартты.** *Жетімшіліктің, жоқшылықтың ауыр азабын басынан өткізді.* **Жетімдіктің арқаны кесілді.** *Жоқшылықтан, жетімдіктен құтылды, көзі ашылды.*

**ЖЕТІМЕК** зат. 1. экспр. *Жетім сөзін жұмсартып айтуға тырысқанда қолданылады.* 2. экспр. жақтырмау. *Жетім қалған, асыраушысы, сөзін сөйлеушісі жоқ баланы жақтырмай сыртынан сөйлегенде атайтын сөз.* 3. *Ешкімі жоқ, жетім, панасыз қалған адам.*

**ЖЕТІМ-ЖАЛҚЫ** зат. *Ата-анадан жетім қалып жалқы өскен адам.*

**ЖЕТІМ-ЖЕСІР** зат. *Қамқоршысынан айырылған бала-шаға, қатын-қалаш.*

**ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛІК** зат. *Жетім-жесір болушылық.*

**ЖЕТІМ-ЖЕТІК** зат. *Жетім-жесір, кедей-кепшік.*

**ЖЕТІМ-МҰЖӘЛСІЗ** сын. жерг. *Мүгедек, жарымжан.*

**ЖЕТІМӨКПЕ** зат. *Малдың өкпесіне жабысып тұратын жұмсақ ет.*

**ЖЕТІМСІ= ет.** *Жетімсіреу, жетім сезіну.*

**ЖЕТІМ-САҒЫР** зат. көне. *Жетімжесір.*

**ЖЕТІМСІЗ** сын. 1. *Жарытымсыз, жеткіліксіз.* 2. ауыс. *Тар, аздау.*

**ЖЕТІМСІЗДЕУ** сын. *Аздау, тапшылау, жеткіліксіздеу.*

**ЖЕТІМСІЗДІК** зат. 1. *Аз болушылық, жетіспеушілік, тапшылық.* 2. *Кемшілік, кемшін тұс.*

**ЖЕТІМСІРЕ=** ет. 1. *Жетім болу, жетімдену, әркімге бір жаутаңдау.* 2. ауыс. *Жалғызсырау, елегізу.* 3. ауыс. *Қаңырап бос қалу.* 4. ауыс. *Иесіз қалу, көңілсіздік басу.* 5. ауыс. *Қараусыз, күтусіз қалу, жүдеп-жадаулану.* 6. ауыс. *Ақсау, назардан тыс қалу, өгейсіну.*

**ЖЕТІМСІРЕТ=** ет. 1. *Жетімдігін білдірту, әркімге бір жаутаңдату.* 2. ауыс. *Жалғыз қалдыру, елегіздірту.* 3. *Өгейсіту, бөлектеу.*

**ЖЕТІМСІРЕТУ** *Жетімсірет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІМСІРЕУ** *Жетімсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІМХАНА** зат. сөйл. *Әке-шешесі жоқ, панасыз балалар үйі; балалар үйі.*

**ЖЕТІМШЕ** зат. ***Жетімек.***

**ЖЕТІМШОРА** зат. көне. *Аңшының мылтығы.*

**ЖЕТІМШІЛІК** зат. сөйл. ***Жетімдік.***

**ЖЕТІНШІ** сан. *Жеті санының реттік түрі.*

**ЖЕТІҢКІРЕ=** ет. 1. *Таяңқырау, жақындау.* 2. *Сәл-пәл жетпеу, тапшылау болу.*

**ЖЕТІҢКІРЕУ** *Жетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІР=** ет. көне. ***Лақтыру.***

**ЖЕТІС=** ет. 1. *Бір нәрсеге бірге қол жеткізу.* 2. *Бір нәрсеге жару, қарық болу. // Мәз болу, қуану, рақаттану.* 3. *Жету, жеткілікті болу.* 4. ауыс. *Әр нәрсеге үлгіру, қатысу.* 5. жерг. *Жету.*

**Жетісіп жүр деймісің**. *Қарық болып, керемет болып жүрген жоқпын деген мағынадағы сөзқолданыс.*

**ЖЕТІСАЙЫС** зат. спорт. *Жеңіл атлетиканың жеті түрін қамитын әйелдер арасындағы спрот түрі [жетісайысқа 100 м қашықтыққа кедергімен жүгіру, биіктікке секіру, ядро серпу, 200 м-ге жүгіру, ұзындыққа секіру, найза лақтыру, 800 м-ге жүгіру жатады].*

**ЖЕТІ-СЕГІЗ** сан. *Жеті не сегіз, осы жобалас.*

**Жеті-сегіз [сегіз] буынды өлең.** әдеб. *Жеті буынды тармағы екі бунақтан (4 буын-3 буын), сегіз буынды тармағы үш бунақтан (3 буын-2 буын-3 буын) тұратын қазақ поэзиясында ерте кезден қолданылып келе жатқан өлең өлшемі.*

**ЖЕТІСКЕНДІК** зат. 1. *Бір нәрсеге жарушылық.* 2. ауыс. *Жетістік, нәтиже.*

**ЖЕТІСПЕСТІК** зат. сөйл. ***Кемшілік.***

**ЖЕТІСПЕУШІЛІК** зат. **1.** *Жетпеушілік, аздық.* **2.** ауыс. *Таршылық, жоқтық.*

**ЖЕТІСТІК** зат. **1.** *Жеңіс, мақтанарлық іс.* **2.** *Қол жеткен табыс, нәтиже.* **3.** *Жақсылық, ерекшелік.*

**ЖЕТІСТІР=** ет. **1.** *Бітіру, бүтіндеу.* **2.** жерг. *Жеткізу.* **3.** ауыс. экспр. жағымсыз. *Керемет қылу, артық жасау.* **4.** ауыс. экспр. *Мәз қылу, қарық қылу.* **5.** ауыс. *Жақсылық көрсету.*

**ЖЕТІСТІРУ** *Жетістір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІСТІРІЛ=** ет. *Жетілдірілу, жақсартылу.*

**ЖЕТІСТІРІЛУ** *Жетістіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЕТІСУ** *Жетіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсеге бірге қол жеткізу.* **2.** *Бір нәрсеге жару, бірге қарық болу.*

**ЖЕТІСІ** зат. этн. діни. *Қайтыс болған адамның артынан жеті күннен кейін берілетін ас.*

**Жетісін берді.** этн. *Қайтыс болған кісіге жеті күн өткен соң, құдайы садақа берді.*

**ЖЕТІСІНЕ** үст. *Бір жетіде, апта сайын.*

**ЖЕТІТ** зат. жерг. *Қосынға келіп қосылған көмек күш.*

**ЖЕТІШКЕ** сын. жерг. *Нашарқол, жарымайтын.*

**ЖЕУ** *Же етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ас ішу, тамақ алу.* **2.** ауыс. *Біреудің ақысын бермей қалу, кем беру, пайдалану.*

**ЖЕУСІЗ** сын. *Желінбей қалған, желінбеген.*

**ЖЕУШЕНДІ** сын. сөйл. ***Көпшеңді.***

**ЖЕУШІ** зат. **1.** *Тамақ жейтін адам.* **2.** ауыс. *Біреудің еңбегін пайдаланушы.*

**ЖИ=** ет. **1.** *Бір жерге топтау, басын құрау.* **2.** *Бір нәрсені молайту, қор жасау. // Жинақтау, көбейту.* **3.** *Қолға түсіру.* **4.** *Бір заттың жеке бөлшектерін біріктіру, құрау.* **5.** *Егінді орып, басып жинап алу.* **6.** *Бір нәрсені ретке, тәртіпке келтіру, жинастыру.* **7.** *Берілген қарызды қайтарып алу.* **8.** *Тартып алу, жинап алу.* **9.** *Денені ықшамдап жиырып алу.* **10.** *Бір заттың шетін бүгу [бүру], көмкеру.* **11.** *Біреудің киім-кешегін реттеп жолға, не бір жерге әзірлеу.* **12.** *Өсімдікті сабағынан үзу, теру.* **13.** ауыс. *Мәлімет, ақпар, өсек теру, есту.* **14.** ауыс. *Рухани күш, қабілетті бір арнаға келтіру.* **15.** ауыс. *Ысырып тастау.*

**Жиған мал.** *Дүние-мүлік, байлық.*

**ЖИБИЛИ** [ар. جبلی ] зат. ескікіт. *Туа біткен қасиет.*

**ЖИВИЦА** зат. *Табиғи шайыр; шайырлы қышқылдар мен терпенді көмірсутектерден тұрады және қылқан жапырақты ағаштардан шыққан шырыштан алынады; шайыршық және скипидар алуда шикізат ретінде қолданылады.*

**ЖИВОПИСЬ** зат. ***Кескіндеме*** *(шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды майлы бояу арқылы салатын бейнелеу өнері).*

**ЖИГА** зат. [ағыл. jig] *Бидің түрі.*

**ЖИҒАН-ТЕРГЕН** сын. *Жиыстырған, құрастырған. // Жиып-тергені, бар байлығы.*

**ЖИҒЫЗ=** ет. *Жинату, бір жерге топтастыру, басын қосу.*

**ЖИҒЫЗУ** *Жиғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИҒЫШ** сын. *Жинағыш, жиятын.*

**ЖИҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта жинау, ретке келтіру.*

**ЖИҒЫШТАУ** *Жиғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДАШЫ** зат. **1.** көне. *Алым-салық жинаушы.* **2.** ауыс. *Әр нәрсені жетік білетін, біреуге ақыл беріп, жол көрсететін жырынды адам.*

**ЖИДЕ**[1] зат. **1.** өс. <лат. elaeagnus> *Жиде тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын ағаш немесе бұта өсімдіктер туысы.* **2.** *Ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы.* **3.** *Жиде ағашының сырты жылтыр, қызғылт-қоңыр түсті сопақша жемісі.*

**Жиде талқан.** жерг. *Жидеден жасалған талқан.* **Жиде тұқымдасы.** өс. <лат. elaeagnaceae> *Қосжарнақты өсімдіктер.*

**ЖИДЕ**[2] зат. сөйл. ***Жейде.***

**ЖИДЕБУРА** зат. өс. <лат. acroptilon australe> *Шөлейтті жерлерде кең тараған кекіренің оңтүстік аймақта кездесетін түрі.*

**ЖИДЕГІР** сын. жерг. *Ез.*

**ЖИДЕК** зат. **1.** *Таңқурай, бүлдірген, құлпынай өсімдіктері жемісінің жалпы атауы.* **2.** биол. <лат. bassa> *Гүл аналығының біріккен бір немесе бірнеше жеміс жапырақшаларынан түзілген түрлі-түсті, көптұқымды шырынды жеміс.*

**Жидек дақылдары.** *Шырынды жидегі бар көпжылдық бұталар, жартылай бұталар және шөптесін өсімдіктер тобы.*

**ЖИДЕКТЕЙ** сын. **1.** *Піскен жидектей уылжыған, тырсиған.* **2.** ауыс. *Өрімдей.*

**ЖИДЕКТІ** сын. *Жидегі бар, жидегі мол.*

**ЖИДЕКСЫМАҚ** зат. экспр. *Жидек дерлік.*

**ЖИДЕЛІ** сын. *Жидесі бар, жидесі мол.*

**ЖИДЕЛІБАЙСЫН** зат. фольк. *Қазақ фольклорында жиі кездесетін берекелі, қасиетті, құтты, шұрайлы мекен.*

**ЖИДЕЛІК** зат. *Жиде ағашы өскен жер.*

**ЖИДЕ-ТАЛ** зат. *Жиде ағаштары мен тал атаулының жалпылама атауы.*

**ЖИДУ** *Жиді етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДЫР=** ет. **1.** *Басын қосу, бір жерге топтастыру.* **2.** *Жинату, рет-ретімен қойдыру.* **3.** *Әкелдіру, алдыру.*

**ЖИДЫРТ=** ет. *Жинату, біріктіру.*

**ЖИДЫРТУ** *Жидырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДЫРУ** *Жидыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДІ=** ет. **1.** *Тері жүнінің іріп, сыпырылып түсуі.* **2.** *Белгілі бір себеппен шаштың түсіп қалуы, сиреуі.* **3.** *Іріп-шіру, иістену, сасу.* **4.** *Тозу, іру.* **5.** *Дымқылданып көгеру, қараю, бұзылу.* **6.** *Әбден езіліп пісу, былбырау.* **7.** *Қатты күю, бырысып-тырысып қалу.* **8.** ауыс. *Езілу, миы шығу.* **9.** ауыс. *Болбырау, былжырау, жүнжу.* **10.** ауыс. *Іші күю, іші удай ашу, әлем-жәлем болу.* **11.** жерг. *Іші-бауыры езілу, елжіреу, босау.* **12.** ауыс. экспр. *Бұзылу, өз қызметіне жарамау.*

**Жидіп қалды.** *Босқа күйіп қалды.*

**ЖИДІҢКІРЕ=** ет. *Сиреп түсе бастау, сиреңкіреу.*

**ЖИДІҢКІРЕУ** *Жидіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДІРМЕЛЕТ=** ет. *Жиілету, бастырмалату, үсті-үстіне үдету.*

**ЖИДІРМЕЛЕТУ** *Жидірмелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИДІТ=** ет. **1.** *Іріту.* **2.** *Жүнін сыпыру.* **3.** *Бұзу, қаусату, күйрету.* **4.** ауыс. *Терісін сыпыру.* **5.** ауыс. *Түп жағынан, астыңғы жағынан, бетіне білдірмей бұзу.* **6.** ауыс. *Жанын ауырту, жаралау.* **7.** ауыс. *Ашыту, күйдіру.*

**ЖИДІТУ** *Жидіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** тамақ. <франц. blanchir> *Жемістер мен көкөністердің тосап қайнатуда қарайып кетпеуі үшін ыстық сумен немесе бумен өңдеу.* **2.** қолөнер. *Сойылған қойдың терісін пайдалану үшін жылыдай тұмшалап, жүнін босату процесі.*

**ЖИДІТІЛ=** ет. *Тері жүнінің жидітіп түсірілуі.*

**ЖИДІТІЛУ** *Жидітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЕК**[1] зат. **1.** *Өзеннің, көлдің жағасы, жағалауы.* **2.** *Аспан мен жер сызығының көз ұшында қосылған жері, көкжиек.* **3.** *Тұтас нәрсенің шеті.* **4.** *Көше, жол т.б. шет жағы, жаны.* **5.** *Көздің ағы мен сыртының қосылған тұсы.* **6.** *Ыдыстың ернеуіне жүргізілген сызық.* **7.** қолөнер. *Сырмақтың шетіне (оюлардың қиылысқан жерлеріне) бастырылатын түрлі-түсті жіп.* **8.** геол. *Минералдарды немесе тау жыныстардың нақты құрамбөліктерін олардың өзге өңірлерінен даралай көмкеретін жұқа жолақша.*

**Жиек дуадақ.** сөйл. *Жорға дуадақ.*

**ЖИЕК**[2] зат. *Жек, дуадақ тектес дала құсы.*

**ЖИЕКСІЗ** сын. *Жиегі жоқ, жиек салынбаған.*

**ЖИЕКТЕ=** ет. **1.** *Жиекті жағалау, шетімен жүру.* **2.** *Киімнің, баскиімнің етегіне, жағасына әдемілік үшін оюмен бағалы аң терілерімен жиек салу, көмкеру.* **3.** *Ыдыс, жиһаз т.б. заттардың ернеуіне, беліне сызық жүргізу, жиек салу.* **4.** ауыс. *Айналу, төңіректеу.*

**ЖИЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Әдемілік үшін бағалы затпен жиек жүргізу.* **2.** *Қоршалу.*

**ЖИЕКТЕЛУ** *Жиектел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЕКТЕН=** ет. *Шеті екені білініп, ерекшелену, бір түсті заттың шетінің басқа түске көшуі.*

**ЖИЕКТЕНУ** *Жиектен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЕКТЕС=** ет. *Шектесу.*

**ЖИЕКТЕУ** *Жиекте етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЕКТІ** сын. **1.** *Жиегі бар, жиектелген.* **2.** поэт. ***Жолақты.***

**Жиекті сырмақ**. қолөнер. *Киізді кесіп оюлаған-ақ бір түсті киіздің бетіне әр түсті жиек бастыру арқылы өрнектелген сырмақ.*

**ЖИЕН** зат. этн. **1.** *Күйеуге шыққан қыздан туған баланы қыздың төркіні, рулас адамдары атайтын, баланың нағашы жұртымен туыстық қарым-қатынасын білдіретін атау.* **2.** *Қыздан туған бала.* **3.** *Қазақ дәстүрінде қалыптасқан нағашы-жиен қатынасындағы нағашы жұртының қыздан туған баланы өзінің жақсы көріп, еркелетіп, іш тартып тұруын білдіртпей, бейтараптандыру үшін жағымсыз реңкте атауы.*

**Жиен күйеу.** этн. *Нағашы жұртынан қыз алған жігіт.*

**ЖИЕНДЕ=** ет. жерг. *Көбею.*

**ЖИЕНДЕЙ** сын. сөйл. *Жиен сияқты.*

**ЖИЕНДІК** сын. **1.** *Жиені болушылық.* **2.** этн. *Нағашы-жиен қатынасындағы жиеннің ерке, батыл, сұрағанын ала алатын, нағашысымен қалжыңдаса, ойнай алатын құқығы.*

**Жиендік етті.** *Нағашысынан сұрағанын алды.* **Жиендік жасады.** *Еркелік жасады, наздық істеді; қымқырды.*

**ЖИЕНҚҰРЫҚ** зат. этн. *Қазақ дәстүрі бойынша, ержетіп қалған жиеннің нағашы жұртына барғанда өзі қалап, сұрап алған заты.*

**ЖИЕНШАР** зат. *Жиеннен туған бала.*

**ЖИЕНШЕ** үст. *Жиенге ұқсап.*

**ЖИЛЕТ** зат. сөйл. ***Желет.***

**ЖИЛЫ: жилы болды.** жерг. *Күйіп-пісті, қатты ашуланды.*

**ЖИМ** *Араб әліпбиіндегі «ж» әрпінің айтылуы.*

**ЖИМА** сын. *Жиналмалы, жималы.*

**ЖИМАЛЫ** сын. *Жиып қоюға болатын, жиналмалы.*

**ЖИМАТАРҒАҚ** зат. өс. *Шабындықта және жайылымда өсетін жемшөптік мол өнім беретін көпжылдық дақыл.*

**ЖИНА=** ет. **1.** *Қол жию, жорыққа, соғысқа аттануға жарамды ер адамдарды бір жерге топтау.* **2.** *Көңіл көтеруге, ән тыңдауға, жиынтойға адамдарды жинастыру.* **3.** *Бір нәрсені*

*көбейту, молайту, басын құрау.* **4.** *Ретке келтіру, тәртіптеу.* **5.** *Бір нәрсені жиып алу, өзіне тарту.* **6.** *Егінді ору, бастыру.* **7.** ауыс. *Ішке сақтау.* **8.** ауыс. *Бір тілек, ниеттегі адамдарды өзара жақындастыра түсу үшін бір жерге топтау.*

**ЖИНАҒЫШ** зат. кен. *Кенді флотациялауда минерал түйіршіктері бетінің сулануын азайтып, соның нәтижесінде олардың ауа көпіршіктеріне тез жабысуын қамтамасыз ететін реагенттердің басты түрі.*

**Жинағыш үстел.** кен. *Гравитациялық әдіспен байытуда жиі қолданылатын аппараттың түрі.*

**ЖИНАҚ** зат. *Бір немесе бірнеше автордың әртүрлі шығармаларының жиынтығы; топтама.* // сөйл. *Жинақы, ықшам.*

**Жинақ ақша кітапшасы.** экон. *Азаматпен банк салымы шартының жасағанын және банк салымы шоты бойынша жасалған барлық операцияларды куәландыратын құжат.* **Жинақ ақша сертификаты.** экон. *Несие мекемесінің ақшалай қаражатты депозиттеу туралы жазбаша куәлігі.* **Жинақ банкі.** экон. *Аймақтық ауқымда әрекет ететін қаржы-несие мекемесі.* **Жинақ кассасы.** *Басы артық ақшаны сақтайтын несие мекемесі.* **Жинақ сертификаты.** экон. *Ақша салушының депозитін белгіленген мерзімі өткеннен кейін оған берілген пайызды алу құқын дәлелдейтін несие мекемесінің ақша қаражаттарын депозитке салғаны туралы жазбаша куәлік.*

**ЖИНАҚСЫЗДЫҚ** сын. *Жинақы болмаушылық, салақтық.*

**ЖИНАҚТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені жинау, көбейту, молайту.* **2.** *Топтау, типтендіру, жалпылау.* **3.** *Бір нәрсені бытыратпау, шашыратпау, ықшамдау.*

**ЖИНАҚТАЛ=** ет. **1.** *Жиналу, біріктірілу, басы құралу.* **2.** *Топтастырылу.* **3.** *Жиналу, жүйелену.* **4.** ауыс. *Бірінің үстіне бірі қосылу, жиналып қалу.*

**ЖИНАҚТАЛУ** *Жинақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАҚТАМА** зат. *Жинақ қор, қор жасау, жүйелеу, топтау орны.*

**ЖИНАҚТАУ** *Жинақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топтастыру, жүйелеу.* **2.** *Жинау, басын қосу.* **3.** *Жазылған, жайылған нәрсені (парашют, зонт т.б.) қайта қалпына келтіріп жинау.* **4.** кен. *Төмен түсіретін немесе арнайы жинақтайтын қазбаларда және жерасты мен жер бетіндегі қоймаларда пайдалы қазылымдарды (бос таужыныстарды) уақытша сақтау.* **5.** инф. <ағыл. complexing> *Пайдаланушының мақсатына сәйкес келетін дербес компьютердің нақты түзілімін қалыптастыру; көп мәшинелі және көп программалы кешендерді құрастыру.*

**Жинақтау әдісі.** инф. *Виртуаль мәшине мен компьютердің сәйкес нақты құрылғысы арасында аралық буынды енгізуден тұратын және бірлік жазбалар құрылғыларын модельдеу үшін виртуаль мәшинелер жүйесінде пайдаланылатын әдіс.* **Жинақтау сабағы.** пед. *Оқу пәнінің өткен бөлімі немесе тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін бекіту мен жүйелеу мақсатында өткізілетін сабақ.*

**ЖИНАҚТАУШЫ** зат. *Жинаушы, топтаушы. Жинақтаушы тізімдеме.* экон. *Біртекті құжаттардың, объектілердің, мүліктің т.б. тізімі (актілердің, жүкқұжаттардың, төлем талаптарының т.б. тізілімі); бухгалтерлік есеп пен шаруашылық операцияларды көрсету жүйесінің бір бөлігі.*

**Жинақтаушы тізімдеме.** экон. *Біртекті құжаттардың, объектілердің, мүліктің т.б. тізімі (актілердің, жүкқұжаттардың, төлем талаптарының т.б. тізілімі); бухгалтерлік есеп пен шаруашылық операцияларды көрсету жүйесінің бір бөлігі.*

**ЖИНАҚТАУШЫЛЫҚ** сын. сөйл. *Типтендірушілік.*

**ЖИНАҚТАУЫШ**[1] зат. *Ағынды су т.б. жиналатын орын.*

**ЖИНАҚТАУЫШ**[2] зат. инф. <ағыл. drive, storage, accumulator> 1) *Ақпараттарды жинақтайтын регистрлер тобы;* 2) *Мәліметтерді жазып сақтауға арналған компьютердің сыртқы жады.*

**ЖИНАҚТЫ** сын. сөйл. ***Жинақы.***

**ЖИНАҚТЫҚ** зат. *Жинақы болушылық, ұқыптылық, ұқсатымдылық.*

**ЖИНАҚТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жинақылық.* **2.** мат. *Белгілі бір математикалық объектінің шегі болатындығын көрсететін математикалық анализдің негізгі ұғымдарының бірі.*

**ЖИНАҚЫ** сын. **1.** *Олпы-солпы емес.* **2.** *Ықшам.*

**Жинақы диск.** инф. <ағыл. compack disk> а) *Лазерлік сәуленің көмегімен ақпараттарды жазуға және шығарып оқуға арналған шағын пішімді оптикалық диск;* ә) *Ақпарат сақтау үшін тасуыш бетінің оптикалық қасиеттерінің өзгеруі пайдаланылатын оптикалық дискілер.*

**ЖИНАҚЫЛА=** ет. сөйл. **1.** *Жөндеу, жүйелеу, ретке келтіру.* **2.** *Жинақы ету.*

**ЖИНАҚЫЛАН=** ет. **1.** *Жиналу, терілу.* **2.** *Жинақы болу.*

**ЖИНАҚЫЛАНУ** *Жинақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАҚЫЛАУ**[1] сын. **1.** *Ықшамдырақ, ыңғайлырақ.* **2.** *Ұқыптылау, жиналған.*

**ЖИНАҚЫЛАУ**[2] *Жинақыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жинақы болушылық.* **2.** *Адамның ерік-жігер сапаларының салақтық, енжарлық, бойкүйездік, жалқаулық сияқты келеңсіз қылықтарға қарама-қайшы ұнамды бір түрі.*

**ЖИНАҚЫРАҚ** сын. *Ұқыптырақ, пысығырақ.*

**ЖИНАЛ=** ет. **1.** *Жиыстырылу.* **2.** *Жиылып, терілу.* **3.** *Толу, жинақталу.* **4.** *Дайындалу, әзірлену.* **5.** *Топталу, бірігу, басы қосылу.* **6.** ауыс. *Тұну, мөлдіреу.*

**ЖИНАЛҒЫШ** сын. *Жинала беретін, жиналуға бейім.*

**ЖИНАЛМАЛЫ** сын. *Жинап қоюға болатын, жиналатын.*

**Жиналмалы баспалдақ.** тех. *Үлкен нысандарға шығып түсуге арналған өрт сөндіру және т. б. техникада пайдаланылатын ықшамдалып-жинақталатын саты.*

**ЖИНАЛУ** *Жинал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірігу, топталу.* **2.** геол. *Шөгу.*

**Жиналу пункті.** әск. *Әскери бөлімшелерді, әскери қызметшілердің немесе әскери міндеттілердің кейбір категорияларды, әскери техниканы, әскери мүліктерді және т.б. шоғырландыру орны.*

**ЖИНАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап жиналу, ықшамданыңқырау, жинала түсу.*

**ЖИНАЛЫҢҚЫРАУ** *Жиналыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАЛЫП-ТЕРІЛ=** ет. *Жиналу, әзірлену, өзін ретке келтіру, орнын жинап кету.*

**ЖИНАЛЫС** зат. **1.** *Ұжым мүшелерінің белгілі бір мәселені талқылау үшін, өздерінің ішкі өндірістік, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін қарау үшін бас қосқан кеңесі; мәжіліс.* **2.** саяси. *Адамдар тобының белгілі бір оқиғаға наразылық немесе қолдау, ынтымақтастық т.б. қоғамдық көңіл-күйді жаппай білдіру тәсілі.* **3.** пед. *Балалар ұйымының жоғарғы органы, олардың өзін-өзі басқару түрі.*

**ЖИНАЛЫС=** ет. *Бірге бас қосу, жиналу.*

**ЖИНАЛЫСУ** *Жиналыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАМАЛЫ** сын. *Жинап қоюға болатын; жиналмалы.*

**ЖИНАҢҚЫ** сын. *Бытыраңқы емес, ықшам.*

**ЖИНАҢҚЫРА=** ет. *Аздап жию, жиыңқырау, өзіне тарту.*

**ЖИНАҢҚЫРАУ** *Жинаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАП-ТЕР=** ет. **1.** *Түгін қалдырмау, жинау.* **2.** ауыс. *Қорытындылау, түю.*

**ЖИНАС=** ет. **1.** *Жинауға көмектесу, бірге жинау.* **2.** ауыс. *Қор жасасу.*

**ЖИНАСТЫР=** ет. **1.** *Жинау, ретке келтіру.* **2.** *Бір жерге жию.* **3.** *Топтастыру, бір жерге жинау.* **4.** *Қайырмалау.*

**ЖИНАСТЫРУ** *Жинастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жинау, ретке келтіру.* **2.** *Жинақтау, топтау.*

**ЖИНАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ретімен қойылу, жинақталу.* **2.** *Бір жерге қойылу, қор жасау.*

**ЖИНАСТЫРЫЛУ** *Жинастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАСТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Тәртіпке келтіріңкіреу, жинаңқырау.*

**ЖИНАСТЫРЫҢҚЫРАУ** *Жинастырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАСУ** *Жинас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Терісу.* **2.** *Ретке келтірісу.*

**ЖИНАТ=** ет. **1.** *Жиғызу.* **2.** *Қол жидыру.*

**ЖИНАТТЫР=** ет. *Жиғыздыру, біріктіру.*

**ЖИНАТТЫРУ** *Жинаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАТУ** *Жинат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИНАУ** *Жина етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ретке келтіру.* **2.** *Егінді т.б. жиып-теру, жиып алу.* **3.** *Басын қосу, жиын жасау.* **4.** *Молайту, санын арттыру.* **5.** инф. <ағыл. collection> *Программалық әзірлемеден программа құрастыру.*

**ЖИНАУЛЫ** сын. *Жиналып қойылған, тәртіпке түскен.*

**ЖИНАУСЫЗ** сын. **1.** *Шашылған.* **2.** *Ретке түспеген, жүйеленбеген.*

**ЖИНАУШЫ** зат. **1.** әдеб. *Ауыз әдебиеті үлгілерін ел аузынан жазып алып, жүйелеуші.* **2.** *Өсімдік, дәрілік шөптерді теріп, кептіруші, ем-домға дайындаушы адам.*

**ЖИНАУЫШ** зат. *Дестеге салынған егінді комбайнның молотилкасына беріп тұратын мәшине.*

**ЖИНАЯТ** [ар. جناية ] сын. жерг. *Кінәлі, қылмысты.*

**ЖИРАЛАҢДА=** ет. *Жиырылу, тырысу, жақтырмау.*

**ЖИРАНТ** [итал. gerante] зат. экон. *Вексельдің сыртқы бетіне табыстама жазушы адам; индоссант.*

**ЖИРАТ** зат. экон. *Атына вексель аударылатын адам, индоссат.*

**ЖИРАФ** [франц. girafe] зат. зоол. *Мойыны, сирақтары ұзын келетін Африкадағы теңбіл түсті, жұп тұяқты, күйіс қайтаратын жануарлардың бір тұқымдасы.*

**ЖИРЕН** сын. *Қызғылт сары (көбінесе жылқы түсіне байланысты айтылады).*

**Жирен [қара, құла қасқа] ат.** *Маңдайындағы қасқасы ерекше көзге түсетін сұлу ат, тұлпар.* **Жирен бие.** *Қызғылт сары түсті бие.*

**ЖИРЕН=** ет. **1.** *Жиіркену.* **2.** ауыс. *Сескену, жек көру.* **3.** ауыс. *Безу, тастап қашу.*

**ЖИРЕНГІШ** сын. **1.** *Лас, кір нәрседен, жиіркенгіш.* **2.** *Жағымсыз істен аулақ жүретін.*

**ЖИРЕНДЕ=** ет. *Қашқақтау, безу.*

**ЖИРЕНДЕУ** сын. *Қызғылт сарылау.*

**ЖИРЕНДІР=** ет. *Жиіркендіру, бездіру, сескендіру.*

**ЖИРЕНДІРУ** *Жирендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИРЕНҚҰТАН** зат. зоол. <лат. ardea purpurea> *Сидам сияқтылар отрядының құтандар тұқымдасына жататын құс.*

**ЖИРЕНТ=** ет. *Жиіркенту, бездіру, сескенту.*

**ЖИРЕНТОҚАЛТІС** зат. зоол. <лат. clethrionomys rutilus> *Кеміргіштер отряды атжалмандар тұқымдасына жататын тышқан.*

**ЖИРЕНТУ** *Жирент етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИРЕНУ** *Жирен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жиіркену, төбеті шаппау.* **2.** ауыс. *Жек көру, безіну.*

**ЖИРЕНШЕ**[1] сын. *Жирен түстес, жирен тәріздес.*

**ЖИРЕНШЕ**[2] зат. биол. <лат. aristolochiaceae> ***Жиренше тұқымдасы.***

**Жиренше тұқымдасы.** биол. <лат. aristolochiaceae> *Қосжарнақтылар тобына жататын бұта шырмауық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖИРЕНШЕК** сын. *Жиіркеншек, лас, кір нәрседен секемденгіш, кірпияз.*

**ЖИРЕНІШ** зат. *Жиіркеніш, жеккөрушілік.*

**ЖИРЕНІШСІЗ** үст. *Жиреніші жоқ, жиіркенбей.*

**ЖИРЕНІШТІ** сын. **1.** *Адам жиіркенетін, жеркенішті.* **2.** ауыс. *Жеккөрінішті, сұмдық, жағымсыз.*

**Жиренішті көзбен.** *Жақтырмай, ала көзбен.*

**ЖИРЕНІШТІК** зат. *Жеккөрініштік, жеркеніштік.*

**ЖИРЕҢДЕ=** ет. көне. *Жирену, қашқақтау, басын алып қашу.*

**ЖИРО** [итал. giro – айналым, айналыс] зат. экон. **1.** *Көптеген елдерде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу түрі.* **2.** *Вексельдің, чектің және басқа несиелік айналыс құралдарының сыртқы бетіне жазылған табыстау жазбасы.*

**ЖИРОАЙНАЛЫМ** зат. экон. *Қолма-қол ақшасыз айналым.*

**ЖИРОБАНК** зат. экон. *Банкте ағымдағы шоттары бар пайдаланушылар қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен айналысатын банк.*

**ЖИРОБҰЙРЫҚ** зат. экон. *Төлемшінің шотынан алушының шотына жирошот бойынша төлеу тәртібімен ақша аудару туралы жазбаша өкім.*

**ЖИРОЕСЕП: жироесеп айырысу.** экон. *Банктер мен жинақ кассалар соманы бір шоттан екінші шотқа аудару арқылы жүргізетін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу.*

**ЖИРОЕСЕПТЕСУ** зат. экон. *Жироесеп айырысу.*

**ЖИРОЖҮЙЕ** зат. *Қолма-қол ақшасыз жүйе.*

**ЖИРОЛАНҒАН: жироланған вексель.** экон. *Табыстама жазу жазылған вексель.*

**ЖИРОЛАУ=** ет. *Вексельді сыртына табыстама жазу жазып басқа адамға аудару.*

**ЖИРООРТАЛЫҚТАР** зат. экон. *Германиядағы, Австралиядағы және басқа бірқатар елдердегі жергілікті (муниципалдық) жинақ кассаларына қатысты орталық банк міндеттерін орындайтын арнаулы несие мекемелері.*

**ЖИРОЧЕК** зат. экон. *Чек берушінің банкке өзінің жирошотынан жиро берушінің шотына белгілі бір ақша сомасын аудару туралы бұйрығы жазылған чек.*

**ЖИРОШОТ** зат. *Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу шоты.*

**ЖИҺАД** [ар. جهاد] зат. діни. *Мұсылман қауымының ислам дінінің таралуы мен салтанат құруы жолында барлық күші мен мүмкіндігін сарқа жұмсау міндеті.*

**Жиһад қылды [етті].** *Ынта қойды, талап етті, ұмтылды.*

**ЖИҺАЗ** [ар. جهاز] зат. **1.** *Үстел, орындық, шкаф, диван сияқты үй мүлкі.* **2.** *Дүние-мүлік, жиған-терген, байлық.* **3.** *Пайдалану мақсатына қарай қонақ бөлме, жатын бөлме, балалар бөлмесі, асүй, кіреберіске арнайы шығарылған, ағаштан жасалатын мүлік.* **4.** ауыс. *Рухани дүние.*

**ЖИҺАЗДА=** ет. **1.** *Үйге бұйым жию, жасаулау.* **2.** *Үйді әдемілеу, сәндеу, безендіру.*

**ЖИҺАЗДАЙ** сын. сөйл. *Жиһаз сияқты.*

**ЖИҺАЗДАЛ=** ет. *Жиһазбен жасақталу, жиһаз қойылу.*

**ЖИҺАЗДАЛУ** *Жиһаздал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИҺАЗДАНДЫР=** ет. *Жиһазбен толтыру.*

**ЖИҺАЗДАНДЫРУ** *Жиһаздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИҺАЗДАУ** *Жиһазда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жиһаз қою.* **2.** *Сәндеу, әдемілеу.*

**ЖИҺАЗДАУЛЫ** сын. *Жиһаздалған, безендірілген.*

**ЖИҺАЗДЫ** сын. *Жиһазға толы, жиһазы көп.*

**ЖИҺАЗ-МҮЛІК** зат. *Үй мүлкі, бұйым.*

**ЖИҺАЗСЫЗ** сын. *Жиһазы жоқ.*

**ЖИҺАН** [ир. جهان] зат. **1.** *Бүкіл дүниежүзі, әлем.* **2.** *Бұл дүние, пәни.*

**Жиһан кезді.** *Дүниені шарлады, жер жүзін аралады.* **Жиһан кешті.** *Әлемді шарлады.*

**Жиһаннан асқан сәулеті.** бейн. *Сұлулығы бар әлемге белгілі, көркінің даңқы жаһанға жайылған.*

**ЖИҺАНГЕР** [ир. جهانگیر] зат. **1.** *Жер шарын аралаушы; жиһанкез.* **2.** тар. *Орта ғасырларда көп елді бағындырған қолбасшыға берілетін әскери атақ, лауазым.*

**ЖИҺАНГЕРЛІК** сын. *Дүниежүзілік, әлемдік.*

**Жиһангерлік соғыс.** *Дүниежүзілік соғыс.*

**ЖИҺАНГЕЗ** зат. *Жиһанкез.*

**ЖИҺАНКЕЗ** [ир. جهانگرد] зат. *Жер шарын аралаушы, дүниені шарлаушы.*

**ЖИҺАНКЕЗДЕЙ** сын. *Жиһанкез сияқты.*

**ЖИҺАНКЕЗДІК** зат. *Жержүзін аралаушылық, саяхатшы болушылық.*

**ЖИҺАНКЕР** зат. сөйл. ***Жиһангер.***

**ЖИҺАСКЕР** зат. сөйл. ***Жиһангер.***

**ЖИЫЛ=** ет. **1.** *Жиналу, басы қосылу.* **2.** *Жиыстырылу, терілу, жинап алу.* **3.** *Ретке келтірілу, реттелу.* **4.** *Қол жиналу.* **5.** *Топтасып, бір пікірге келу.*

**ЖИЫЛМАЛЫ** сын. *Жиналмалы, алмалы-салмалы.*

**ЖИЫЛЫС** зат. **1.** *Мүддесі бір, идеялас топтың өз бастамаларымен белгілі бір мәселені талқылап, бірлесе отырып шешетін кеңесі.* **2.** ***Жиналыс.***

**Жиылыс ашты.** *Елді жинады, мәжіліс құрды.*

**Жиылыс бастығы.** *Белгілі бір жиын, жиналыстың уақытша сайланған төрағасы.*

**ЖИЫЛУ** *Жиыл етістігінің қимыл атауы; жинастырылу.*

**ЖИЫЛЫҢҚЫ** сын. *Жиылған, ықшам.*

**ЖИЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Жиналыңқырау, жөнделіңкіреу, тартыныңқырау.*

**ЖИЫЛЫҢҚЫРАУ** *Жиылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛ=** ет. **1.** *Жиналу, жолға даярлану, әзірлену.* **2.** *Артына сақтау, дүние, ақша жинау. // Бірігу, топталу.*

**ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛУ** *Жиылып-терiл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫМ** зат. **1.** *Жиын-терін.* **2.** инф. <ағыл. array> *Барлығы біртектес элементтерден құралып, бір атпен ғана аталып реттелген мәліметтер жиыны.*

**ЖИЫН** зат. **1.** *Бір нәрсенің жиынтығы, қосындысы.* **2.** *Көп адам жиналған жер, той-думан.* **3.** *Бір топ адам, көпшілік.* **4.** *Жиналыс, мәжіліс.* **5.** мат. <ағыл. set> *Қарапайым математикалық ұғымдарға жататын, сондықтан анықтамасы берілмей, аксиомалық жолмен енгізілетін математикалық ұғым.*

**Жиындардың аксиомалық теориясы.** мат. *Математикалық логиканың жиындар теориясын аксиомалық теория ретінде зерттейтін саласы.*

**Жиындар теориясы.** мат. *Шексіз жиындардың жалпы қасиеттері жөніндегі ілім.*

**ЖИЫНАШАР: жиынашар сөз.** кіт. *Белгілі бір ресми жиналысты, конференцияны т.б. бастап, ашық деп жариялау үшін жиын төрағасына немесе басқа ресми тұлғаға берілетін кіріспе сөз.*

**ЖИЫНДАС** сын. *Жиында бірге болатын.*

**ЖИЫН-ДУМАН** зат. *Белгілі бір тарихи оқиғаға, қуанышты жағдайларға байланысты қалың көпшіліктің мерекелік бас қосуы.*

**ЖИЫНДЫ**[1] зат. кен. *Металлургиялық пештерде қайтадан балқытуға жіберілетін металлургиялық өндіріс қалдықтары.*

**Жиынды процесс.** кен. *Шикіқұрамның негізгі құрамдас бөлігі метал сынықтары болатын мартендік процесс.*

**ЖИЫНДЫ**[2] сын. **1.** *Жиыны көп болатын, думанды.* **2.** *Қосынды.*

**ЖИЫНДЫ-ТЕРІНДІ** зат. *Жинап-терпеп алынған егін, бау-бақша, көкөніс өнімдері.*

**ЖИЫН-КЕШ** зат. *Жақын аралас-құралас адамдардың қуанышқа, ортақ іске, ортақ мүддеге байланысты бір жерге жиналып, әдетте кешке қарай өткізетін отырыстары.*

**ЖИЫНҚҰМАР** сын. *Жиынды ұнатқыш, жиыншыл, сауықшыл.*

**ЖИЫНСЫЗ** сын. *Жиын жоқ.*

**ЖИЫН-ТЕРІМ** зат. сөйл. ***Жиын-терін.***

**ЖИЫН-ТЕРІН** зат. *Егін, бау-бақша т.б. өнімдерін жинап алу науқаны.*

**ЖИЫН-ТОЙ** зат. *Көп адам жиналған жер, ойын-сауық, той-думан.*

**Жиын-тойға киді.** *Бір киерін киді.*

**ЖИЫН-ТОП** зат. *Дау-шар, талас, даудамай.*

**ЖИЫНТҮР** зат. тамақ. <франц. assorti> *Арнайы таңдалып алынған қоспа, жиынтық (мысалы, кәмпиттер, шоколадтар).*

**ЖИЫНТЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрселердің жиналған қосындысы.* **2.** *Жинақталған, типтік.* **3.** геол. *Жарылымдармен шектеле отырып, бірқалыпты қатпарланған қат-қабаттар тобының немесе қатпарлардың бір бағытта ғана еңістенген осьтік жазықтықтарының бірлестігі.*

**Жиынтық бейне.** әдеб. *Ақиқат дүниедегі көп қайталанатын типтік белгілерді бойына жинақтаған көркем шығармада суреттелетін нақты өмір құбылысы немесе кейіпкердің түрі.*

**ЖИЫНТЫҚТА=** ет. *Жинақтау, қорытындылау.*

**ЖИЫНТЫҚТАУ** *Жиынтықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫНШЫЛДЫҚ** зат. кіт. *Жиыналып шешуге бейімдік, ұжымшылдық.*

**ЖИЫНЫП-ТҮЙІНІП** үст. *Буынып-түйініп, даярланып.*

**ЖИЫҢҚЫ** сын. *Жиылыңқы, жинақы.*

**ЖИЫҢҚЫРА=** ет. *Жинаңқырау, тежеңкіреу.*

**ЖИЫҢҚЫРАУ** *Жиыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫП-ТЕР=** ет. *Жан-жақтан жинау, жинастыру.*

**ЖИЫП-ТЕРІП** үст. *Ештеңе қалдырмай, жинап-теріп.*

**Жиып-теріп келгенде.** *Сөздің қысқасы, қорыта айтқанда, қорытқанда.*

**ЖИЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсені ысыру, сырғыту.* **2.** *Бір нәрсені бүру, жымыру, қатпарлау.* **3.** паралингв. *Бір нәрсені жақтырмағанын,*

*бір нәрсеге белін бекем буғанын қабағын, мұрнын т.б. тыржитып, қатпарландырып білдіру.* **4.** *Ернін езуіне қарай тарту.* **5.** *Қайыру, ашып тастау.* **6.** *Қол-аяқты өзіне қарай жию, бауырына алу.*

**ЖИЫРЛЫ: ораздының ұлы, жиырлының қызы [жалғызы].** кө не. *Ескілік уақытта өсер ұрпаққа, өмір бағасын беруден келіп туған нақыл сөз; «Оразды» – бақытты, құт-берекелі деген мағынада; «жиырлы» – құтсыз, қырсық шалған деген ұғымда.*

**ЖИЫРМА** сан. **1.** *Он тоғыздан кейінгі есептік сан, 20 цифрының атауы. // Жиырма жас.* **2.** ауыс. *Жастық дәурен.*

**Жиырма бес.** поэт. *Нағыз жігіттік кезең.* **Жиырма сегіз батыр**. тар. *Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945) Мәскеуді ерлікпен қорғаған (панфиловшылар) қазақстандық жауынгерлер.* **Жиырма тас жер.** поэт. *Алыс, өте қашық, жырақ.* **Жиырма шақты**. ***Жиырмадай*.** **Жиырмасыншы шам.** *Шынысы үлкен, жарығы молырақ керосин шам.*

**ЖИЫРМАДАЙ** сын. ***Жиырма шақты*.**

**ЖИЫРМАЛАҒАН** сан. ***Жиырмадай.***

**ЖИЫРМАЛАП** үст. *Жиырма-жиырма етіп.*

**ЖИЫРМАНШЫ** сан. сөйл. ***Жиырмасыншы*.**

**ЖИЫРМА-ОТЫЗ** сан. *Жиырма-отыз шамалы.*

**ЖИЫРМА-ОТЫЗДАЙ** сын. *Жиырма-отыз шамасындай.*

**ЖИЫРМАСЫНШЫ** сан. *Он тоғыздан кейінгі реттік сан, жиырма санының реттік атауы.*

**ЖИЫРЫЛ=** ет. **1.** *Бүрісу.* **2.** *Қатпарлану, бүрілу.* **3.** *Жылан, құрт т.б. осы сияқты жәндіктердің жиылып-созылуы, бүктетілуі.* **Жиырыла қалды.** *Жақтырмады, бырысып-тырыса қалды.*

**ЖИЫРЫЛҒЫШ** сын. биол. *Жиырыла алатын.*

**ЖИЫРЫЛҒЫШТЫҚ** зат. биол. *Ішек, ет, тері т.с.с жұмсақ тіндердің жиырыла алатын қасиеті.*

**ЖИЫРЫЛМАЛЫ** сын. **1.** *Жиырылып тұратын, жиырылғыш.* **2.** *Қатпарлы, жиналмалы.*

**ЖИЫРЫЛУ** *Жиырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫРЫЛЫП-ЖАЗЫЛ=** ет. *Жиырылу, жазылу әрекетінің жалпы атауы.*

**ЖИЫРЫЛЫП-ЖАЗЫЛУ** *Жиырылып-жазыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫРЫЛЫП-СОЗЫЛ=** ет. *Жиырылу, созылу әрекетінің жалпы атауы.*

**ЖИЫРЫЛЫП-СОЗЫЛУ** *Жиырылып-созыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫРЫҢҚЫ** сын. *Жиырылған, ықшам.*

**ЖИЫРЫҢҚЫЛЫҚ** зат. *Жиырылатындық.*

**ЖИЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап жиыру, тыржиту.*

**ЖИЫРЫҢҚЫРАУ** *Жиырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫС** зат. сөйл. *Жиған-терген дүние.*

**ЖИЫС=** ет. **1.** *Егін жинасу, терісу.* **2.** *Жинасу, жинауға көмектесу, жинап бітірісу.*

**ЖИЫСТЫР=** ет. **1.** *Жинастыру, жиып-терісу.* **2.** *Теру, бір жерге топтау, жинақтау.* **3.** ауыс. *Ұмыту, ойдан шығару, ысырып тастау.*

**ЖИЫСТЫРУ** *Жиыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үй ішін ретке келтіру, жинау.* **2.** *Жинақтау, жүйелеу, бір жерге жинау.*

**ЖИЫСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Басы біріктірілу, жинақталу.* **2.** *Жиып-терілу.*

**ЖИЫСТЫРЫЛУ** *Жиыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИЫСУ** *Жиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІ** сын. **1.** *Тез, дүркін-дүркін.* **2.** *Тығыз, қалың; сирек емес. // Үзбей, үнемі, әрдайым.*

**Жиі кездеседі**. *Көп, мол.*

**ЖИІ-ЖИІ** сын. *Қайта-қайта, дүркін-дүркін.*

**ЖИІЛЕ=** ет. **1.** *Жиі-жиі қайталану.* **2.** *Көбею, молаю.*

**ЖИІЛЕН=** ет. **1.** *Жиі қайталану, жиілеу.* **2.** *Көбею, үсті-үстіне молаю.*

**ЖИІЛЕНУ** *Жиілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІЛЕТ=** ет. **1.** *Тездетілу, арасын ұзатпау.* **2.** *Жиі-жиі қайталау, жиілдірмелету.*

**ЖИІЛЕТУ** *Жиілет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІЛЕУ** үст. **1.** *Тығыздау, қалыңдау; сирек емес.* **2.** *Көптеп, жиілетіп.*

**ЖИІЛІК** зат. **1.** *Арасы жақындық.* **2.** *Молдық, көптік; қоюлық.* **3.** *Жиі кездесушілік.* **4.** *Жылдамдық.* **5.** физ. *Токтың ағым күші.* **6.** муз. *Тербеліс жылдамдығы.*

**ЖИІЛІКБӨЛГІШ** зат. физ. *Бастапқы бүтін тербелістен сан есе кем жиілікті тербеліс алуға арналған электрондық құрылғы.*

**ЖИІЛІКӨЗГЕРТКІШ** зат. физ. *Супергетеродиндік радиоқабылдағыштарда қабылданатын жоғары жиілікті электромагниттік тербелісті аралық жиілікке өзгертетін каскад.*

**ЖИІРЕК** сын. **1.** *Жақынырақ, таяуырақ, жиі-жиі.* **2.** *Молырақ, көбірек. // Қайта-қайта арасын жиілетіп.*

**ЖИІРКЕН=** ет. **1.** *Лас нәрседен секемдену, жеркену.* **2.** *Тітіркену.* **3.** ауыс. *Безу, бойын алып қашу.*

**ЖИІРКЕНДІР=** ет. *Жиреніш тудыру.*

**ЖИІРКЕНДІРУ** *Жиіркендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІРКЕНТ=** ет. *Жиреніш тудырту, жек көргіздіру.*

**ЖИІРКЕНТУ** *Жиіркент етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІРКЕНУ** *Жиіркен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жаман иістен, көріністен сескену, секем алу, тыжырыну.* **2.** ауыс. *Жеру, жек көру, бойын аулақ салу.*

**ЖИІРКЕНШЕК** сын. *Жиіркенгіш, жиреншек.*

**ЖИІРКЕНІМПАЗ** сын. сөйл. ***Жиреншек*.**

**ЖИІРКЕНІС=** ет. *Жиіркенішпен қарасу.*

**ЖИІРКЕНІСУ** *Жиіркеніс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖИІРКЕНІШ** зат. **1.** *Жеккөрушілік, жақтырмаушылық.* **2.** *Аза бойы қаза тұрушылық, безушілік.*

**ЖИІРКЕНІШТІ** сын. **1.** *Жиренішті, секем алатын.* **2.** *Жеккөрінішті.*

**ЖИІРКЕНІШТІЛЕУ** сын. *Жеккөрініштілеу, жиреніштілеу.*

**ЖИІРКЕНІШТІЛІК** зат. *Жиреніштілік, жеккөрініштілік.*

**ЖИЮ** *Жи етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қор жасау, қор жинау.* **2.** геол. *Өзен ағысының шайылған жыныс кесектерін басқа орынға апаруы.*

**ЖИЮЛЫ** сын. *Жиналып қойылған, жиналған, реттелген.*

**ЖИЮСЫЗ** сын. **1.** *Жиылмаған, жиналмаған.* **2.** *Әзірліксіз, ретсіз.*

**ЖИЯР-ЖИМАСТАН: есін жияр-жимастан.** *Өзіне-өзі келместен.*

**ЖО** мод. *Жоқ деген сөздің қысқарған түрі.* **1.** *Сөйлеушінің пікірімен келіспегенін білдіргенде қолданылады.* **2.** *Я, әлде болмаса деген мағынада қолданылады.*

**ЖОБА** зат. **1.** *Бір нәрсені іске асыру үшін жасалған үлгі, жоспар, нұсқа.* **2.** <лат. projectus> *Жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуге тиісті нысандардың макеттері, есептеулері және ұстанымды дәлелдері көрсетілген техникалық құжаттар жиынтығы.* **3.** *Түр, кескін, пішін.* **4.** *Бір істің жөн-жосығы, жолы.* **5.** *Ойына алғаны, ойлағаны, ішкі жоспары.* **6.** *Қандай да бір құжаттың алдын ала дайындалған, уақытша, әлі де жөндеуге болатын нұсқасы.* **7.** жерг. *Шама.*

**Жоба құрды**. *Жоба жасады, жоспар құрды.* **Жобасын көрсетті**. *Бағыт сілтеді.* **Жоба тілі.** инф. <ағыл. design language> *Арнайы конструкциялары бар және кей жағдайда, ақпараттық немесе программалық жасақтама жобасын әзірлеу, анализ жасау және құжаттамалау үшін пайдаланылатын верификациялық хаттамалары бар сипаттамалар тілі.*

**ЖОБА-ЖОСПАР** зат. *Жобаланған, алдын ала белгіленген шара, орындауға тиісті міндеті.*

**ЖОБАЙЫ** зат. жерг. *Аумағы, айналасы, тұтасы.*

**ЖОБАҚТА=** ет. жерг. *Тұспалдау, жобалау.*

**ЖОБАЛА=** ет. **1.** *Шамалау, болжалдау, топшылау.* **2.** *Бір нәрсенің жобасын жасау.*

**ЖОБАЛАН=** ет. *Жоба жасалу, жоспарлану.*

**ЖОБАЛАНУ** *Жобалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОБАЛАҢ** сын. ***Зобалаң.***

**ЖОБАЛАС** сын. **1.** *Ұқсас, үндес.* **2.** *Шамалас.*

**ЖОБАЛАСУ** *Жобалас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОБАЛАС=** ет. *Жоба жасасу.*

**ЖОБАЛАТ=** ет. *Жоба жасату.*

**ЖОБАЛАТУ** *Жобалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОБАЛАУ** *Жобала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топшылау, шамалау.* **2.** *Жобаның кешенді техникалық құжаттамасын дайындау процесі.*

**ЖОБАЛАУШЫ** зат. *Бір нәрсені жоспарлаушы, жоба жасаушы маман. // Жоба жасайтын.*

**ЖОБАЛҒЫ** сын. *Жұпыны, қарапайым, жөндемдеу.*

**ЖОБАЛҒЫЛАУ** сын. *Жұпынылау, жөндемдеу.*

**ЖОБАЛЫ** сын. *Жобаланған, жоспарлы.*

**ЖОБАЛЫҚ** сын. *Жобада көрсетілгендей, жобаға сай.*

**Жобалық қуат.** экон. *Кәсіпорынның жаңа құрылысына немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды жаңғыртуға арналған жобалық тапсырмада қабылданған белгілі бір кезеңде өнім шығару.*

**ЖОБАЛЫҚ-СМЕТАЛЫҚ** сын. қаржы. *Істі жүзеге асырудың жоба түріндегі формасының қаржылық-бухгалтерлік есептемелеріне қатысты.*

**ЖОБАСЫЗ** сын. *Жоспарсыз, нұсқасыз, үлгісіз.*

**ЖОҒА** мод. жерг. ***Жоқ*.**

**ЖОҒАЛ=** ет. **1.** *Жоқ болу, қайда қалғаны, кеткені белгісіз қалу.* **2.** *Бір жаққа кету, көзден таса болу, таптырмау.* **3.** *Жойылу, құру. //* қарғ. *Көзі жойылсын, аты өшсін, құрысын. //* экспр. *Жек көру, жақтырмау нышанымен айтылатын қолданыс.* **4.** ауыс. *Қаза табу, қайтыс болу.* **5.** ауыс. *Артта қалу, өтіп кету.* **6.** ауыс. *Аты өшу, ұмыт болу.*

**ЖОҒАЛТ=** ет. **1.** *Жою, құрту.* **2.** *Көзден таса қылу, айырылып қалу.* **3.** ауыс. *Айырылу, қапыда қалу. // Бір нәрсесін жоғалтқан, ұрлатып алған адам.* **4.** ауыс. *Құрбан ету, пида ету.* **5.** ауыс. *Қолынан жіберіп алу, ие бола алмау.* **6.** ауыс. *Қаза болу, қайтыс болу, о дүниелік болу.*

**ЖОҒАЛТҚЫЗ=** ет. *Жойғызу, құртқызу, жоқ еткізу.*

**ЖОҒАЛТҚЫЗУ** *Жоғалтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҒАЛТУ** *Жоғалт етістігінің қимыл атауы; айырылып қалу, қолындағысын беріп қою.*

**ЖОҒАЛУ** *Жоғал етістігінің қимыл атауы; жоқ болып кету, көрінбеу.*

**ЖОҒАЛЫМ** з а т . к е н . *Пайдалы қазылымның баланстық қорларының кен қазып алуда жер қойнауында алынбай қалған, қазылып алынып бос таужыныстар үйіндісіне жіберілген, ұю, тиеу және тасымалдау барысында қалып қойған бөлігі.*

**Жоғалым түрлері.** к е н . *Электр мәшинесінің жұмыс үстінде туатын қуат шығыны.*

**ЖОҒАЛЫМПАЗ** с ы н . *Жоғалғыш, жоғала бергіш.*

**ЖОҒАЛЫС=** е т . *Бәрі бір мезгілде кетіп қалу.*

**ЖОҒАЛЫСУ** *Жоғалыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҒАРҒЫ** с ы н . **1.** *Үстіңгі (биіктікке байланысты).* **2.** *Өргі, басқы.* **3.** а у ы с . *Өзгелерден биік тұрған.* **4.** а у ы с . *Жоғарыда ескерілген, алғашқы.* **5.** а у ы с . *Дәрежесі, қызметі үлкен; басшылық қызметте істейтін.* **6.** а у ы с . *Бай, ауқатты.*

**Жоғарғы баға.** с ө й л . *Қымбат баға.* **Жоғарғы бас қолбасшы.** ә с к . <лат. chef supreme> *Соғыс кезіндегі және бейбіт уақыттағы мемлекеттің Қарулы күштерінің ең жоғарғы басшысы.* **Жоғарғы дәреже.** *Мәртебелі, білім дәрежесі жоғары.* **Жоғарғы дәрежелі.** с ө й л . а) *Жоғары оқу орнын бітірген.* ә) *Жоғары білім беретін.* **Жоғарғы деңгейдегі шеберлік.** *Өз ісін өте жетік білушілік.* **Жоғарғы жақ сүйегі.** з о о л . <лат. maxilla> *Жануарлар мен адамдар бассүйегінің бет бөлімі құрамына кіретін сүйек.* **Жоғарғы жер.** э в ф е м . *Мемлекеттік дәрежедегі қызмет, басшылықтағы адам.* **Жоғарғы кеңес.** т а р . а) *Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында (КСРО) болған жоғарғы мемлекеттік билік органы (1936-88).* ә) *Бұрынғы КСРО Халық депутаттары съезінің тұрақты жұмыс істеген органы (1988-93).* б) *КСРО құрамына кіретін одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да болған жоғарғы мемлекеттік билік органы (1937-93).* в) *Бұрынғы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасында (РКФСР) Халық депутаттары съезінің тұрақты жұмыс істеген заң шығарушы, өкім жүргізуші және бақылаушы органы (1990-93).* г) *Қазіргі кезде Ресей Федерациясының құрамына енетін бірқатар республикалардағы заң шығарушы органның (парламенттің) атауы.* **Жоғарғы класс.** ***Жоғарғы сынып.*** **Жоғарғы команда.** ә с к . *Соғыс кезіндегі және бейбіт уақыттағы мемлекеттің қарулы күштерінің басында тұрған әскерилер.* **Жоғарғы қабат.** а) *Көпқабатты үйлердің 3-қабатынан жоғары орналасқан қабаттар.* ә) *Сөйлеушінің өзі тұрған қабатының үстіндегі қабат.* **Жоғарғы мәртебелі.** т а р . *Аса құрметті, қадірлі, ұлы деген мағынада айтылатын патша, ханға қарата қолданылған тұрақты атауыш.* **Жоғарғы мектеп.** ***Жоғары мектеп.*** **Жоғарғыны елге, төменгіні селге жіберу.** ж е р г . *Өткен кекті ұмыту, кешірім жасау.* **Жоғарғы өріс.** и н ф . *Мәтін басылатын қағаз парағының жоғарғы жиегінен символдар басылатын бірінші жолға дейінгі бос қалатын алап.* **Жоғарғы Советтің депутаты.** т а р . *Жоғарғы Кеңеске жергілікті халық сеніп сайлаған өкіл.* **Жоғарғы сот.** *Мемлекеттің сот жүйесін басқарушы ең жоғарғы сот органы.* **Жоғарғы сынып.** п е д . *9-10-11 сыныптар, мектеп бітіруге таяу сыныптар.* **Жоғарғы табалдырық.** к е н . *Омырылған жердегі тұтқыр құраушының мөлшері 90%-дан кем болмайтын балқыма температурасы.* **Жоғарғы тыныс жолы.** а н а т . *Ауаны екі бағытта (ішке және сыртқа) өткізетін тыныс алу жүйесінің түтікше мүшелері.*

**ЖОҒАРҒЫДАЙ** ү с т . *Басында көрсетілгендей, жоғарыда айтылғандай.*

**ЖОҒАРЫ** ү с т . **1.** *Үстіге, өрге қарай; төмен емес.* **2.** *Биік; аласа емес. // Аспан, көк.* **3.** *Артық, басым. // Көтеріңкі, ыстық. // Мемлекеттік басшылық қызмет, жетекшілік ететін басшы орын.*

**Жоғары атақ.** *Қандай да бір атқарған қызметі, сіңірген еңбегі үшін берілетін құрметті ат, жоғары дәреже.* **Жоғары баға.** п е д . *Өте жақсы, жақсы оқығандығы үшін мектеп оқушыларына, студенттерге қойылатын «4» немесе «5»-тік баға.* **Жоғары бағаланды.** *Біреудің қол жеткен табысы, аяқтаған ісі мадақталды, мақталды, үлгі етілді, ескерілді.* **Жоғары бағалау.** р е с м и . *Жақсы, өте жақсы баға беру.* **Жоғары білім.** п е д . *Орта білім негізінде жоғары оқу орындарында берілетін және ресми құжатпен (дипломмен, сертификатпен және т.б.) расталатын маманның кәсіби біліктілік дәрежесі.* **Жоғары білімді.** *Жоғары оқу орнын бітірген, бітіргендігін растайтын дипломы бар.* **Жоғары дамыған ел.** *Экономикасы, халықтың әл-ауқаттық жағдайы әлемдік жоғары деңгейде дамыған, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін жан-жақты пайдаланған алдыңғы қатарлы ел.* **Жоғары дәрежелі білім.** *Жоғары оқу орындарында берілетін білім.* **Жоғары дәрежелі мектеп.** *Жоғары деңгейде білім беретін, арнайы мамандандырылған мектеп.* **Жоғары дәрежелі оқу орны.** *Жоғары білім беруге сәйкес бағдарламалар бойынша оқытатын институт, университет және арнаулы білім беруге лайықталған академия.* **Жоғары дәрежелі метаморфизм.** г е о л . *Гранулитті және эклогитті фациялар.* **Жоғары деңгейлі.** *Дәрежесі биік, сапалы.* **Жоғары деңгейлі программалау тілі.** и н ф . <ағыл. high level language> *Коды негізінен дағдылы тілдің сөздері мен математикалық символдардан тұратын бағдарламалау тілі.* **Жоғары деңгейлі тіл.** и н ф . <ағыл. high order language> *Бағдарламалар орындалатын компьютерді терең білуді қажет етпейтін, әртүрлі мәшинелік тілдерге аударылуы мүмкін, операциялар мен адрестерді символмен белгілеуге болатын, программаның логикасы мен мәліметтер құрылымын ұсынуды жеңілдетуге мүмкіндік беретін программалау тілі.* **Жоғары жақ.** э в ф е м . *Мемлекеттік басшылық орган.* **Жоғары кернеулі.** *Қуаты, қысымы күшті.* **Жоғары көрсеткіш.** с о в . т а р . *Ең озық көрсеткіш.* **Жоғары көтерді.** *Біреуді көзінше қатты мақтады, дем берді, қолтығына су бүрікті.* **Жоғары қабат.** с ө й л . *Жоғарғы қабат, үстіңгі қабат.* **Жоғары қарай мультиплекстеу.** и н ф . <ағыл. upwards multiplexing> *Ашық жүйелер архитектурасында – айтарлықтай жоғары деңгейлі бір арна бойынша мәліметтерді жеткізуді жасақтау үшін айтарлықтай төменгі деңгейлі бірнеше тәуелсіз арнаны бір мезгілде пайдалану.* **Жоғары қысым.** ф и з . *Денеге түсірілген 0,1 гигапаскальдан (Гпа) артық қысым.* **Жоғары май қышқылдары.** б и о л . *Бір негізді карбон қышқылдары.* **Жоғары математика.** *Техникалық т.б. кейбір оқу орындарының оқу жоспарына енетін математикалық пәндер жиынтығының атауы.* **Жоғары мектеп.** *Жалпы немесе арнаулы орта дәрежелі білім негізінде жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу орындарының жалпы атауы.* **Жоғары молекулалық қосылыстар.** х и м . *Молекуласының массасы бірнеше мыңнан көптеген миллионға жететін химиялық қосылыстар.* **Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.** *Білім беру жүйесінің жоғары сатысы ретінде біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар даярлау мақсатында білім беру.* **Жоғары оқу орындары.** *Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің түрлі салалары үшін жоғары білімді мамандар, ғылым және педагог кадрлар даярлайтын, жоғары білімді мамандар даярлау ісін жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, мәдениет т.б. салаларда еңбек ететін мамандардың біліктілігін жетілдіретін оқу орындары.* **Жоғары палата.** с а я с и . *Заң шығаратын ең бірінші инстанция.* **Жоғары сапалы алтын.** к е н . *Сапалық көрсеткіші әдетте 850-900% аралығында, тіпті 999 болуы мүмкін, құрамында өзге элемент қоспалары өте аз мөлшерде болатын алтын.* **Жоғары сапалы басылым.** и н ф . <ағыл. Letter Quality> *Қағазға басылған мәтін сапасының, электрлік баспа мәшинесінен шыққан мәтін сапасының жоғары болуы.* **Жоғары сапалы болат.** к е н . *Физикалық-химиялық және механикалық қасиеттері жоғары болат.* **Жоғары сатыдағы аңдар.** з о о л . <лат. placentalia немесе eutheria> *Ұрпағын тірі туатын сүтқоректілердің инфракласы.* **Жоғары сатыдағы өсімдіктер.** б о т . *Өркендері (сабақ, жапырақ, жыныс мүшелері), стелла немесе тіректері бар спораны, тұқымды өсімдіктерді біріктіретін үлкен топ.* **Жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар.** б о т . *Жіпшумақтары клеткаға бөлінген, жемістік денелері бар (қалпақшалы, діңгекті және т.б.) аскомикота, базидмомикота бөлімдеріне жататын саңырауқұлақтар.* **Жоғары сатыдағы шаян тәрізділер.** з о о л . <лат. malacostraca> *Буынаяқтылар типінің бір класс тармағы.* **Жоғары стиль.** ә д е б . *Кітаби тіл, поэтикалық стиль.* **Жоғары сұранымды тауар.** э к о н . *Халық тарапынан болатын сұраным тауарлардың негізгі көлеміне сұранымнан асып түсетін тауар.* **Жоғары сұрыпты ұн [бидай].** *Кеуек, қабықтарынан әбден тазаланған, ең жоғары сападағы ұн, бидай.* **Жоғары температуралы газдық коррозия.** ф и з . *Жоғары температураларда қақ түзе жүретін газдық коррозия.* **Жоғары төрттаған.** с п о р т . *Балуанның тізерлеп отырып алақандарын кілемге тіреп тұрған күйі.* **Жоғары шық.** а) э т н . *Үйге кірген адамға төрге өт, төрлет, қонақ бол деген мағынада қолданылатын сый-құрмет лексикасы.* ә) а у ы с . *Есігіміз ашық, келіңіз деген мағынада.* **Жоғары шықты.** *Төрлетіп отырды, жоғарылады.*

**ЖОҒАРЫДА** ү с т . *Сөйленген не жазылған мәтіннің айтылып кеткен тұсында, сөйлеп тұрған уақыттан сәл ғана бұрын.*

**ЖОҒАРЫДАҒЫ** с ы н . *Жаңа көрсетілген, жаңағы.*

**ЖОҒАРЫЛА=** е т . **1.** *Жоғарыға өрлеу, биіктеу.* **2.** э т н . *Төрге шығу, төрлету.* **3.** *Арту, көтерілу.* **4.** *Жақсару, биіктеу.* **5.** а у ы с . *Үлкен қызметке ауысу, лауазымы өсу.*

**ЖОҒАРЫЛАТ=** е т . **1.** *Жоғары көтеру.* **2.** *Дәрежесін көтеру.* **3.** *Келген адамға жоғары шық, төрлет деген мағынада айтылатын сөз.* **4.** *Көтеру, күшейту.*

**ЖОҒАРЫЛАТҚЫШ** с ы н . *Жоғары көтергіш, шығарғыш.*

**ЖОҒАРЫЛАТУ** *Жоғарылат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көтеру, күшейту.* **2.** а у ы с . *Жетілдіру, дамыту.* **3.** *Жақсарту.*

**ЖОҒАРЫЛАТЫЛ=** е т . *Дәрежесі, қызметі көтерілу, өсірілу.*

**ЖОҒАРЫЛАТЫЛУ** *Жоғарылатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҒАРЫЛАУ**[1] с ы н . **1.** *Биіктеу, көтеріңкілеу.* **2.** *Аздап жоғары, жоғарырақ.* **3.** а у ы с. *Қымбаттау.*

**ЖОҒАРЫЛАУ**[2] *Жоғарыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызметі өсу.* **2.** *Көтерілу.*

**ЖОҒАРЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Биіктік.* **2.** *Көптік, күштілік, артықтық.* **3.** *Дауыстың, үннің*

*ашықтылығы, ұнділігі, биіктігі.* **4.** ауыс. *Қызметі, дәрежесі ұлкендік.*

**ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕН** ұст. сөйл. ***Жоғарылы-төменді.***

**ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕНДІ** ұст. **1.** *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға.* **2.** *Ары-бері, жағалай.* **3.** *Дауыстың біресе ашық, биік, біресе төмен, баяу шығуы.* **4.** *Біресе төмен, біресе биік.*

**ЖОҒАРЫРАҚ** ұст. **1.** *Жоғары таман, биіктеу.* **2.** *Төрге таман, есік жақта емес.* **3.** *Бұрынырақ, алдында.* **4.** ауыс. *Биігірек, бағалы, қадірлі.* **5.** *Жоғары басшылық қызметке қарай, мемлекеттік дәрежедегі басшылыққа қарай.*

**ЖОҒАРЫ-ТӨМЕН** ұст. **1.** *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға.* **2.** *Ары-бері.* **3.** *Ерсілі-қарсылы.*

**ЖОҒАРЫ-ТӨМЕНДІ** ұст. *Біресе астыға, біресе ұстіге, ілгері-кейінді.*

**ЖОҒАРЫЛАУ** ұст. *Біршама жоғары, әжептәуір жоғары.*

**ЖОҒАРЫРАҚ** ұст. *Жоғарылау, сәл жоғары.*

**ЖОДЫРҒЫСУ** *Жодырғысы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОДЫРҒЫСЫ=** ет. жерг. **1.** *Сырғақсу.* **2.** *Көрмегенсу.*

**ЖОЗЫ** зат. жерг. *Айнала төңірек отырып, тамақ ішетін, аласа дөңгелек ұстел.*

**ЖОЙ=** ет. *Құрту, жоқ ету.*

**ЖОЙБАР** сын. жерг. *Мықты, әлді, қуатты.*

**ЖОЙҒЫЗ=** ет. *Жоқ еткізу, жоқ қылдыру, құрткызу, жойдырып жіберу.*

**ЖОЙҒЫЗУ** *Жойғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЙҒЫШ**[1] сын. *Жоқ қылғыш, қырғыш.*

**ЖОЙҒЫШ**[2] зат. әск. *Жарғыштық көмегімен зымыранды ауада автоматты түрде жойып жіберуге арналған қондырғы.*

**Жойғыш авиация**. әск. *Қарсылас жаудың әуедегі басқарылатын және басқарылмайтын аппараттарын жоюға арналған әскери авиацияның түрі.* **Жойғыш авиацияны бағыттау аймағы**. әск. *Ұшқышқа бағыттау командасын (курс, биіктік, ұшу жылдамдығының) және телекодты радиосызықтардың көмегімен кеңістіктегі нысананы автоматты түрде көрсетуі немесе басқару пунктінен радиомен хабар беру арқылы жойғыштарды ұрысқа енгізу мұмкіндігін жүзеге асыратын әуе кеңістігіндегі аймақ.*

**ЖОЙДАСЫЗ** сын. жерг. **1.** *Ұлкен, ерен, қарқынды, зор.* **2.** ауыс. *Ерепейсіз, қолайсыз, орынсыз.* **3.** ауыс. *Жөнсіз, орасан, ерекше.*

**ЖОЙДАСЫЗДЫҚ** зат. жерг. *Шектен тыс болушылық, жөнсіздік.*

**ЖОЙДАСЫН** сын. *Мықты, күшті.* // *Мықты, ірі, күшті кісі.*

**Жойдасын ер**. *Алып, ерен, мықты, батыр.*

**ЖОЙДАУСЫЗ** сын. *Ерен, ұлкен, зор.*

**ЖОЙДЫР=** ет. *Құрту, жоқ ету, жоғалту.*

**ЖОЙДЫРУ** *Жойдыр етістігінің қимыл атауы*

**ЖОЙҚЫН** сын. **1.** *Қырып-жойып кететін, алапат, сұрапыл.* **2.** ауыс. *Керемет, сұмдық, орасан.*

**Жойқын теориясы**. геол. *Жердің геологиялық тарихын негұрлым тыныш болған ұзақ дәуірлер мен біршама қысқа уақыт ішінде ғаламшардың бейнесін күрт өзгертіп кетіп отырған жойқын апаттар.*

**ЖОЙҚЫНДЫ** сын. *Орасан күшті, мықты.*

**ЖОЙҚЫНДЫҚ** зат. *Орасан күштілік, алапаттық.*

**ЖОЙҚЫТ=** ет. жерг. *Жосылту, көсілту.*

**ЖОЙПАН** сын. жерг. *Зор, ұлкен.*

**ЖОЙПАҢ** сын. жерг. *Адуын, мықты, батыл.*

**ЖОЙПАР** сын. жерг. *Жойқын, зор, мығым.*

**ЖОЙЫЛ=** ет. **1.** *Жоқ болу, жоғалу, ада болу.* **2.** *Құртылу, құру.* **3.** *Қырылу, өлу.*

**ЖОЙЫЛТ=** ет. *Жоғалту, жою.*

**ЖОЙЫЛУ** *Жойыл етістігінің қимыл атауы; жоқ болу, құру.*

**Жойылу құны**. экон. *Материалдық немесе актив ұшін оның пайдалы қолданылым мерзімінің соңында өткізу бойынша болжанған шығыстарды шегергеннен кейін субъект алмақшы болып күтіп отырған сома.*

**ЖОЙЫМПАЗ** сын. *Жойып жіберуші, құртушы, жоқ қылушы.* // *Жоюшы, құртушы топ.*

**ЖОЙЫМПАЗДЫҚ** зат. **1.** *Жойып жіберушілік.* **2.** *Жеке адам немесе адамдар тобы бойындағы айналасында бұрын жасалған нәрсені жоюға құштарлық сезім, бар нәрсені қиратуға бағытталған әрекет.*

**ЖОЙЫС=** ет. *Құртысу, жоқ қылысу, өлтірісу.*

**ЖОЙЫСУ** *Жойыс етістігінің қимыл атауы; жоқ ету, құрту.*

**ЖОЙЫТ** сын. *Қара күшке мығым, алапат.* // *Барып тұрған жырткыш, жауыз топ.*

**ЖОЙЫТТЫҚ** зат. *Күштілік, алапаттық.*

**ЖОҚ**[1] зат. *Жоғалған мал, қолды болған зат, дұние.* // *Бәсең, төмен.*

**ЖОҚ**[2] мод. **1.** *Бір нәрсені құптамау, теріске шығару, мақұлдамау кезінде айтылады.* **2.** *«Бар» сөзіне қарама-қарсы мәнде айтылатын сөз.*

**Жоғын бұтіндеу.** *Тұгендеу, реттеу.* **Жоғын жоқтады**. *Мұддесін қорғады, сөзін сөйледі, жыртысын жыртты.* **Жоғын тұгелдеу.** *Кемкетігін толтыру, тұгендеу.* **Жоғын тұгендеді.** *Жоқ нәрсесін тапты.* **Жоқ болды**. а) *Көрінбей кетті.* ә) *Із-тұзсіз құрып кетті, жоғалды.* **Жоқ болып кетті.** *Ғайып болды, із-тұзі қалмады.* **Жоқ етті**. *Жоғалтты, жойды, көзін құртты.* **Жоқ дегенде**. *Ең болмаса, құрығанда.* **Жоқ жерден**. *Аяқ астынан, ойда жоқта.* **Жоқ жоғалтты.** *Бір нәрсесінен айырылды.* **Жоққа жұйрік жетпейді**. *Қолы қысқа кісінің жұртқа берері болмағанда айтылады.* **Жоққа нанғыш.** *Не болса соған сенетін, алданғыш.* **Жоққа нану.** *Не болса соған сену, оңай алдану.* **Жоққа сабыр, барға мәзір.** этн. *Қазақ халқының барға қанағат ететін тұсініктерінің бірі.* **Жоққа тән.** *Жоқ десе де болғандай, өте аз.* **Жоққа [теріске, өтірікке] шығарды.** *Жоқ, теріс, өтірік деп тапты; мойындамады.* **Жоқ қылды**. *Көзін құртты, жойды.* **Жоқ сөз**. *Ретсіз, қисынсыз, бос сөз.* **Жоқтан бар.** *Жоқтан өзге.* **Жоқтан барды.** *Әр нәрсені бір, кез келгенді, анау-мынауды.* **Жоқтан барды құрады.** *Болмайды, тұк өнбейді деген, ұміттенбеген нәрседен іс шығарды.* **Жоқтан бар жасады.** *Ілекерледі.* **Жоқтан өзге.** *Не болса сол, болар-болмас нәрсе.* **Жоқ тапсырды.** жерг. *Жоқ сұрады, жоғын іздестірді, сұрау салды.* **Жоқты айтты**. *Өтірік сөйледі, не болса соны айтты.* **Жоқты бардай, барды дардай етті.** а) *Барды қанағат тұтты, қолда барына разылық білдірді.* ә) жағымсыз. *Кішкентай мінді, болар-болмас айыпты ұлкен етіп көрсетті.* **Жоқты бар ету**. *Бір нәрсені ұқсату, іске жарату.* **Жоқтың қасы**. *Жоққа тән, өте аз, тұк жоқ деуге тұрарлық.* **Жоқты сырттан қамдайды.** *Керек-жарақты алдын ала біліп, сайлап жұреді.*

**ЖОҚ-ЖҰҚА** сын. сөйл. ***Жоқ-жітік.***

**ЖОҚ-ЖҰҚАЛАУ** сын. *Кедейлеу, тұрмысы нашарлау.*

**ЖОҚ-ЖҰҚАН** сын. жерг. *Жоқ-жітік, кемтар.*

**ЖОҚ-ЖҰҚАНА** сын. *Жоқ-жітік, жадау-жүдеу, кедей.*

**ЖОҚ-ЖҰТАҢ** зат. *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.*

**ЖОҚ-ЖҰТАҢДЫҚ** зат. *Жарлылық, жүдеулік, кедейлік.*

**ЖОҚ-ЖІТІК** зат. *Жарлы-жақыбай, кедей-кепшік, жоқ-жұтаң.*

**Жоқ-жітік адам.** *Киерге киімі, ішерге асы жоқ кедей.*

**ЖОҚ-ЖІТІМ** зат. ***Жоқ-жітік.***

**ЖОҚСЫ=** ет. *Жоқ тәрізді көріну, жоқ болғансу.*

**ЖОҚСЫН=** ет. *Бір нәрсенің жоқтығын, жетпей тұрғанын сезіну, байқау.*

**ЖОҚТА=** ет. **1.** *Іздеу, аңсау, жылау, сағыну.* **2.** этн. *Қайтыс болған адамды ойлап аза тұту, қара жамылу.* **3.** этн. *Қайтыс болған кісіні өлеңге қосып жылау, зарлау; жоқтау айту.* **4.** *Іздеу, сұрау салу.* **5.** ауыс. *Аңсау, армандау, көксеу.*

**ЖОҚТАҒАНСУ** *Жоқтағансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҚТАҒАНСЫ=** ет. *Бір нәрсені іздеген, сұраған болу; мұддесін қорғағансу.*

**ЖОҚТАЛ=** ет. *Мұддесін қорғау, сұрауы болу.*

**ЖОҚТАЛУ** *Жоқтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҚТАН-БАРДАН** ұст. *Әр жерден, кездескен, кезіккен тұстан, аннан-мұннан.*

**Жоқтан-бардан құрады [құрастырды]**. *Оннан-мұннан жинады.*

**ЖОҚТАС=** ет. **1.** *Жоқ іздесу.* **2.** этн. *Қайтыс болған қадірлі адамның жақсылықтарын өлеңге қосып айтып, дауыс шығарып жыласу.*

**ЖОҚТАСУ** *Жоқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҚТАТ=** ет. **1.** *Өзі жоқ адамның орнын жоғалтпау, жоқ етпеу, орны жоғын білдірмеу.* **2.** этн. *Жоқтау айтқызу.*

**ЖОҚТАТУ** *Жоқтат етістігінің қимыл атауы; жоқтау айтқыздыру.*

**ЖОҚТАУ**[1] *Жоқта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені іздеу, аңсау.* **2.** *Іздестіру, сұрау салу.*

**ЖОҚТАУ**[2] зат. этн. **1.** *Қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы зары, өлеңге құрылған жыры.* **2.** әдеб. *Ежелгі тұркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған тұрмыс-салт жырларының бір тұрі.* **3.** *Елге қадірлі, беделді адамның қазасында оның тірісінде жасаған жақсылығын, шарапатты істерін мазмұнды етіп жырға қосып жеткізетін өлең.*

**Жоқтау күйлері**. әдеб. *Қайтыс болған адамдарға, жер-су, қимас доспен қоштасу тақырыбына арналған музыкалық шығармалар; күй жанрының бір тұрі.*

**Жоқтау өлең.** әдеб. *Өлген адамды жоқтау кезінде, оның мінез-құлқын, жақсы қасиеттерін еске тұсіріп, айтып отыратын өлең.*

**ЖОҚТАУ**[3] сын. *Жақын емес, жоғырақ.*

**ЖОҚТАУДАЙ** сын. *Жоқтау сияқты, тәрізді.*

**ЖОҚТАУЛЫ** сын. *Іздеу салатын, іздейтін.*

**ЖОҚТАУСЫЗ** сын. **1.** *Іздеусіз, сұраусыз.* **2.** *Ешкім жоқтамай-ақ, елеусіз.*

**ЖОҚТАУШЫ**[1] зат. **1.** *Жоқ іздеуші, сұрау салушы адам.* **2.** ауыс. *Біреудің сөзін сөйлеуші, қолдаушы, жақтаушы.*

**ЖОҚТАУШЫ**[2] зат. этн. *Елге, ауылға, ру арасында қадірлі болған, қайтыс болған адамның жаназасында, артынан жақсы істерін жырға қосып жоқтау айтып жылаушы.*

**ЖОҚТЫ-БАРДЫ** зат. *Не болса соны, анау-мынауды.*

**ЖОҚТЫҚ** зат. **1.** *Болмағандық, болмаушылық.* **2.** *Кедейлік, тапшы болушылық, жарлылық.*

**ЖОҚША**[1] зат. жерг. *Бес қадақ шамасындай ауырлық өлшемі.*

**ЖОҚША**[2] ұст. *Кедейдікінше, жарлыдай.*

**ЖОҚШЫ** зат. **1.** *Жоқ іздеуші, жоқ қараушы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені іздеуші, қамқоршы.*

**ЖОҚШЫДАЙ** сын. *Іздеушідей, сұраушыдай.*

**ЖОҚШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жоқ болушылық.* **2.** *Кедейшілік, жарлылық.*

**ЖОЛ** зат. **1.** *Адам не мал, күш көліктің қайта-қайта жүруінен тапталып, тақырланған із, сүрлеу.* **2.** *Сапар, ұзақ жол.* **3.** *Бағыт, беталыс.* **4.** *Сөздің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі.* **5.** *Салт, әдет-ғұрып.* **6.** этн. *Кәде, сый, сыйлық; ырым.* **7.** этн. *Жасы, дәрежесі үлкен, сыйлы, қадірлі адамдардың белгілі бір жағдайда бірінші болып жүруі туралы этикалық норма.* **8.** ауыс. *Үлгі, өнеге.* **9.** ауыс. *Құрмет, сый.* **10.** ауыс. *Амал, айла, тәсіл.* **11.** ауыс. *Шама-шарық, жөн.* **12.** ауыс. *Жөні, орны, жайы.* **13.** ауыс. *Жөн-жоба, әділдік.* **14.** инф. <ағыл. path> *Файлмен байланысу жолы немесе оның дискідегі бумалар (каталогтар) тізімінен тұратын адресі.*

**Жол азабы.** *Жолда кездесетін қиындық, қиыншылық.* **Жол азық.** а) *Жолаушының жолдағы ішіп-жемі.* ә) *Рухани нәр, байлық.* **Жол айрығы.** *Жолдың екі жаққа бөлінетін тұсы.* **Жол алды.** а) *Жолға шықты, сапарға аттанды.* ә) *Кезегі келді.* **Жол амандығы.** *Аман-есен барып келу, аман-есен қайта оралу.* **Жол асты.** *Жол шекті, жол жүрді.* **Жол аузы.** зат. *Жолдың басталар жері.* **Жол ауырлады.** а) *Жол қиындады, жүру қиындады.* ә) *Қиындыққа кезікті, нәтиже бермеді.* **Жол ашты.** *Бір нәрсеге мүмкіндік жасады, туғызды.* **Жол аштырды.** *Бағыт-бағдар бергізді.* **Жол ашық [бос].** *Ешқандай кедергі жоқ, бөгетсіз.* **Жол байлау болды.** *Кедергі болды, жол кесті.* **Жол бақты.** *Жол торыды.* **Жол барлады.** *Жол қарады, із кесті.* **Жол барлауы.** әск. *Ұрыс жүріп жатқан аудандағы немесе жау басып алған жердегі жолдарды, олардың жайы мен жаңа жол тораптарын табу үшін жүргізілетін барлау.* **Жол бастады.** *Бір игі шараға себеп болды, оң бағытқа салды, дұрысын көрсетті.* **Жол бастау.** *Жолға шыққан топты бастап жүру, жол көрсету.* **Жол бастаушы.** а) көне. *Керуен, көштің алдына жүріп, бағытты анықтап отыратын жол білетін адам.* ә) *Тағдырына бағыт, жөн сілтеуші, бағдар беруші.* **Жол батасы.** этн. *Үй иесінің ұзақ жол, қиын сапарға аттанарда ұдайы тамақ беріп, жолы үлкен, аузы дуалы ақсақалдан алатын тілегі.* **Жол бауырсақ.** *Ұзақ жолға арналып, тоң майға пісірілген бауырсақ.* **Жол бекіді.** *Қар басып, су жүруі салдарынан, т.б. себеппен жол қатынасы үзілді.* **Жол берді.** а) *Біреудің өтіп кетуіне мүмкіндік берді, ығысты.* ә) *Өнерін, күшін, қабілетін көрсетуге мүмкіндік болмағанда, өз орнына басқа біреудің атқаруын сұрау немесе жөн-жоралғысын беріп, бас тарту.* **Жол бермеді.** а) *Жолды бөгеп, жүргізбеді.* ә) *Ерік бермеді, есе бермеді.* **Жол беру.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі әдеп нормалары бойынша, жасы кіші адамның үлкенге жол босатуынан бастап, үлкеннен бұрын төрге өтпеу, отырмау, астан дәм алмау, сөйлемеу; жекпе-жек кезінде жебемен ату кезегін беру, аңшылықта бірінші оқ шығармау т.б. әдет-ғұрыптармен сипатталатын этикалық жоралғысы.* **Жол бойынша басып шығару құрылғысы.** инф. <ағыл. line printer> *Барлық жолды бір мезгілде шығаратын басу құрылғысы.* **Жол болсын.** этн. а) тілек. *Сапарың оң болсын деген мағынада жолаушыға айтылатын сөз.* ә) эвф. *Жолға жиналып жатқан адамның, жолаушының қайда беталғанын тіке сұраса, жолы болмай қалады деген ниетпен, жұмсартып сұрау үшін айтылатын сөз.* б) *Мұның жөні қалай, мұнысы несі деген мағынада айтылады.* **Жол бос.** *Бөгет, кедергі, тосқауыл жоқ, еркіндік.* **Жол бөлімі.** әск. *Әскери-көлік жолдарын техникалық жағынан қорғау және құрылыс, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған жол әскері құрамындағы бөлім.* **Жол білмейді.** *Айқын бағыт-бағдары жоқ; салт-дәстүрден хабары жоқ, білімсіз.* **Жолға даярланды.** *Жол жүруге әзірлік жасады, дайындалды.* **Жолға қойды.** *Тәртіпке келтірді, жүйеге түсірді.* **Жолға қойылды.** *Жөнге салынды, жүйеге түсірілді.* **Жолға маман.** *Жөн-жоралғыны жақсы білетін (адам).* **Жолға салды.** а) *Дұрыс бағытқа түсірді, жөн сілтеді.* ә) жерг. *Шығарып салды, жолға азық, керек-жарағын дайындасты.* **Жолға түсті.** а) *Өзінің бұрынғы бағытына оралды.* ә) *Жасы келіп, қартайып дүние салды деген мағынада айтылған.* **Жолға шықты.** *Сапар шекті.* **Жолдағы қорлар.** әск. *Бөлімше жанындағы, ұрыс техникасындағы және сонымен қатар қозғалатын штаттық көліктегі тиісті мөлшерде, табельмен белгіленген материалдық құралдар қоры.* **Жолда жатқан жолбике.** *Әркіммен көңіл көтеретін, «жүрісі» көп әйел.* **Жолда қалды.** а) *Орта жолда тұрып қалды, ілесе алмады.* ә) *Жүл үстінде қаза тапты, қайтыс болды.* **Жолдан адасты.** *Дұрыс жолдан тайды, бұрыс кетті, алған бағыт-бағдарынан жаңылды.* **Жолдан азбайды.** *Жолдан таймайды, бағытын өзгертпейді.* **Жолдан бұрды [тайды].** *Дұрыс бағыттан ауытқыды.* **Жолдан жазып қалды.** *Қателесті, жаңылды, жазды.* **Жолдан жығылмайды.** *Дәстүрді, салтты жақсы біледі.* **Жолдарды салыстыру.** инф. <ағыл. comparison of lines> *Жолдағы белгілі бір жол бөлігін іздестіру.* **Жолдарды талдау.** инф. *Программадағы барлық мүмкін жолдарды анықтау, толық емес жолдарды немесе бірде-бір жолға тиісті емес программа бөліктерін табу мақсатында программаға талдау жасау.* **Жолдарды тасымалдау.** инф. <ағыл. line folding> *Ұзындығы шығару құрылғысы жолының ұзындығынан артық мәтіндік хабарларды қабылдау кезінде жолды ауыстыру символын автоматтық кірістіру.* **Жолдармен операция.** инф. <ағыл. operation on lines> *Жолдық мәліметтермен – литерлік (мәтіндік) немесе биттік жолдармен орындалатын операция.* **Жолдарың болсын.** а) тілек. *Беттеріңнен жарылқасын, оң жол болсын.* ә) экспр. жақтырмау. *Білгендеріңді істеңдер.* **Жол дастарқаны.** *Жол жүретін адамға арналып әзірленген дәм.* **Жолды ауыстыру.** *Теміржолдың шпалды-рельс торларын жаңа трассаға көшіру.* **Жолды балластау.** кен. *Балласт материалын теміржолдың шпалды-рельс торының астына жайып төсеу.* **Жолдық қорлар.** әск. *Құрамалар, бөлімше, бөлімдердің әскери қорларына қосымша қорлар.* **Жолдың езуі.** окказионал. *Жол шеті.* **Жолды түзету.** кен. *Пайдалану кезінде теміржолда пайда болатын ақауларды – оның кедір-бұдыр, шөгіп отырған, құлама жерлерін түзеп, қалпына келтіру жұмыстары.* **Жол жапасы.** *Жолаушы жүргенде жол азабының қиындығы, азабы.* **Жол жоқ.** *Рұқсат етілмейді, болмайды.* **Жол жорға.** а) *Жай, азған жорғасы бар жылқы.* ә) *Бір қамшылық жорғасы бар, жүрісі жайлы ат.* **Жол жүрді.** *Сапар шекті, бір бағытқа бет алды; аттанып кетті.* **Жол жүрісті көрді.** *Жолсапарға жиі шықты, жол жүріп төселіп алды.* **Жол жүрісі қауіпсіздігі.** *Жол жүрісіне қатысушылардың жол-көлік оқиғаларынан және олардың зардаптарынан қорғалу деңгейін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі.* **Жол кесті.** а) *Біреудің алдын тосты; жол бойын барлады.* ә) *Іс, ойға алған шаруа басталмай жатып, нәтижесі қандай болатынын, әсіресе нәтижесіз болатынын айтты.* **Жол көрген.** а) *Көпті көрген, ысылған.* ә) *Жол білетін, жер танитын.* **Жол көргендік.** *Көрегендік, азаматтық.* **Жол көрсетті [сілтеді].** *Жөн сілтеді; үлгі, өнеге көрсетті.* **Жол көрсетуші.** *Бағыт беруші, жолға салушы, бастаушы.* **Жол кухнясы.** тех. *Ұзақ жол жүру кезінде тамақ дайындауға ыңғайландырылған мәшине-жабдық.* **Жол [ат] қақты.** *Жолсоқты болды, ұзақ жолдан титықтады, шаршап-шалдықты.* **Жол қаражат.** *Жол шығыны, жолға қажетті қаржы.* **Жол қаржы.** *Жолдың шығынына керекті қаражат.* **Жол [теміржол] қатынасы.** *Көлік арқылы теміржол, автокөлік жолымен жасалатын қатынас.* **Жол қоры.** экон. *Елдегі жалпыға бірдей пайдаланудағы автомобиль жолдарын күтіп ұстаумен, жөндеумен, жаңғыртумен, салумен байланысты шығындарды қаржыландыруға, жол қызметтерін көрсету нысандарын, жол-құрылыс материалдары мен құралымдарын, мәшинелерін, механизмдерін өндіретін кәсіпорындарды салуға, жабдықтар сатып алуға, жалпы салалық сипаттағы ғылыми-техникалық жұмыстарды жүргізуге, жол шаруашылығын басқаруға т.б. арналған мақсатты қаражаттар жиынтығы.* **Жол қуды.** *Ата-баба, даналар жолын ұстады, ізін қуды.* **Жол құрылысы мәшинелері.** *Автомобиль жолдарын салуға, оны күтіп ұстауға және жөндеуге арналған мәшинелер.* **Жол қысқарсын.** *Жол үстінде уақытты тез өткізу үшін тыңдаушысын әңгімеге тартып, әңгімелесіп отырайық деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Жол нұсқады.** *Дұрысын айтты, дұрыс жолға түсірді, жөн сілтеді, тура бағыт берді.* **Жол салды.** а) *Жүретін жолын аршыды, тазартты.* ә) *Кейінгіге үлгі, өнеге, жол көрсетті.* **Жол серік.** *Жолы, сапары бір, жолдас.* **Жол сілтеді.** *Бағыт нұсқады, жол көрсетті.* **Жол сызды.** *Келешекке жоспар жасады.* **Жол таласты.** *Өзара бәсекелесті, бақ сынасты, айтысты.* **Жол тапты.** *Дұрыс жолға түсті.* **Жол тартты [жүрді].** *Алыс сапар шекті, алысқа аттанды.* **Жол тозыдырып, шаң қапты.** *Ат үстінде жүрді, күн-түн дамыл таппады, сапарда болды.* **Жол тонаушы.** сөйл. *Жол торып, жолаушылар келе жатқан адамды тонайтын қарақшы.* **Жол торабы.** кен. *Жергілікті жердің белгілі ауданында (айлағында) жабдықталған немесе жабдықталып жатқан өзара байланысты темір және автомобильдік жол торабы.* **Жол торушы.** *Жол торып, өткен-кеткенді тонаушы адам.* **Жол торыды.** *Жолын аңдыды, жол тосты.* **Жол тосты [тосқыш].** а) *Біреуді келеді деп күтті, жолына қарады.* ә) *Көлік жүретін жолға шығып, көлік күтті.* б) *Тілеуін тіледі, сапардан аман-есен оралуын күтті.* в) *Хабар күтті, алаңдады.* г) *Жолын бөгеді, қастық ойлады.* **Жол төседі.** *Құм, тас төгіп, жол жасады.* **Жол төсемесі.** *Автомобильдердің жолдың үстімен жыл бойы үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін грунт үстіне салынатын көп қабатты төсеме.* **Жол түсті.** а) *Дәм тартты, сәті түсті.* ә) *Жол аршылды, тазарды.* **Жол үсті.** *Жүріп келе жатқан бағытта; жолшыбай, жол бойы.* **Жол чегі.** экон. *Негізінен халықаралық туризмде туристерді валютамен қамтамасыз ету үшін пайдаланатын төлем құжаты; чекте көрсетілген соманы шетелдік немесе ұлттық валютамен төлеу жөніндегі ақшалай міндеттеме.* **Жол шекарасы.** инф. <ағыл. page boundary> *Бір жолға символдарды орналастырудың бастапқы және соңғы шекарасын көрсететін параматрлер.* **Жол шекті.** *Сапарға шықты.* **Жол шертті.** жерг. *Жол қысқарту үшін әңгіме айтты.* **Жолы ауыр.** а) *Көлікпен жүріп-тұруға қиын жол.* ә) *Сәтсіздікке ұшырай беретін, қиындыққа кезіккіш, жолы онша бола бермейтін.* **Жолы ашылды.** *Ойындағысы болды, мақсатына жетті, дегені болды.* **Жолы байланды.** *Жолы болмады.* **Жолы болар [Тәңірі берген, ашылған] жігіт.** *Құдай жолын оңғарған, бастаған ісі сәттілікпен жүзеге асатын, басына бақ қонған, жолы жеңіл жігіт.* **Жолы болғыш.** *Айтқаны, дегені орындалғыш.* **Жолы болды.** а) *Тілегі, ой-мақсаты қабыл болды.* ә) *Олжалы болды, сапары оң болды.* **Жолы жақсы.** *Жолы сәтті, жолы болғыш.* **Жолы жеңіл.**

*Жолы болғыш, істің сәті оралған (адам).* **Жолы кесілді.** *Жолы болмады, жолына кедергі кездесті, барар жеріне қиындықсыз бара алмады.* **Жолы кіші.** этн. а) *Жасы, дәрежесі жас, үлкендер алдына түспейтін жастарға айтылатын сөз.* ә) *Жасы үлкен болса да, күйеулердің, келіндердің жолы кіші деген ұғымдағы сөз.* **Жолы қиюлы.** *Кесілген, бөгет.* **Жолы қырсық.** *Ісі оңбайтын, өрге баспайтын, қырсық шалған.* **Жолы қырсықты.** *Жолы болмады, ісі жүрмеді.* **Жолына бас байлады.** *Қауіпке басын тікті, құрбан болды.* **Жолына боз қасқа айтты.** *Құрбандыққа мал шалды, садақа берді, атады.* **Жолына бөгет болды.** *Кедергі жасады, кесе-көлденең тұрды.* **Жолына жөргем ілесті [ілінді].** *Жолы болды, қолына қазына ілініп, олжалы болды.* **Жолына жуа бітті.** *Жолы болмады, сәтсіздікке ұшырай берді.* **Жолына құрбан болды.** *Біреу үшін өмірін қиды, садағасы болды.* **Жолына мал мен жанын тікті.** *Бір нәрсеге жету үшін ештемесін аямады.* **Жолынан жарылқасын.** бата. *Жолы болсын! Оң сапар болсын, Құдай бетінен жарылқасын, жолы олжалы болсын.* **Жолынан қалдырды.** *Жолға, сапарға баруына кесірін тигізді, бөгет болды, жібермеді.* **Жолын аңду.** *Жолын торуылдау, ізін кесіп, тосқауыл болу.* **Жолына түсу.** *Бір пайдалы істің жөн-жобасын алу, соның ізін қуу.* **Жолын ашты.** *Оң жолға бастады, оңдады, бақытын жандырды.* **Жолын байлады.** *Біреудің жолына бөгет болды.* **Жолын берсін.** тілек. *Біреудің сәтті жолы, жақсылығы, бақ-дәулеті жұғысты болсын, өзінің де басына келсін деген игі тілек.* **Жолын бөгеді.** *Кесірін, қырсығын тигізді, жолына кедергі болды.* **Жолында өлу.** *Не де болса ойлаған ойының, адамының соңына түсу, ойлағанына жету.* **Жолында тұрды.** *Біреуге кедергі болды, қарсы болды.* **Жолын [алдын] кес-кестеді.** *Жолына тұрды, бөгет болды, алдын орағытты.* **Жолын кескізді.** *Жолына кедергі, тосқауыл болдырды.* **Жолын қиды.** *Жолын берді, үлкенмін демей кезегін берді.* **Жолын қуды [ұстады].** *Біреудің бағытын ұстады, еңбегін жалғастырды.* **Жолын қуушы.** *Біреудің істеген кәсібін істеуші, соның ісін жалғастырушы.* **Жолын оңғара көр!** тілек. *Іске сәт, жолын бер.* **Жолын тапты.** *Ретін келтірді, амалын тапты.* **Жолы нұрлы.** *Өмірі үлгілі, ісі әрдайым игілік, ізгілікке толы.* **Жолыңа басы пида болсын.** *тілек. Жолыңа құрбан болсын.* **Жолыңа [қадамыңа] гүл бітсін.** тілек. *Сапарың оң болсын, қадамың құтты болсын.* **Жолыңа жуа шықсын [бітсін].** қарғ. *Ісің оңбасын, жолың болмасын.* **Жолыңа құрмалдық.** *Жолыңа құрбан.* **Жолың ашылсын.** тілек. *Бақытың жансын, жолың болсын.* **Жолың болсын.** *тілек. Сапар оң болсын деген мағынада жолаушыларға айтылатын сөз.* **Жолың болсын, жолдасың Қыдыр [Қызыр] болсын!** тілек. *Сапарға, соғысқа аттанған кісіге берер бата-тілек.* **Жолыңды тап.** *Жөніңді тап, бақытыңды ізде.* **Жолың кесілгір.** *қарғ. Жолың болмасын деген мағынада.* **Жолы суық.** көне. *Қатал, қатты, рақымсыз.* **Жолы тар.** *Жолы жіңішке, өте қиын.* **Жолы үлкен.** этн. *Сыйлы, құрметті.* **Жолы шаң, қолы қан.** *Жүрген жері айғай-шу, қантөгіс.*

**ЖОЛА=** ет. **1.** *Жақындау, жуықтау, қасына келу.* **2.** ауыс. *Қолға түсу.* **3.** ауыс. *Жуу, маңайлау.*

**ЖОЛАҒАСЫ** зат. *Жолбасшы, жолбастаушы.*

**ЖОЛАЗЫҚ** зат. этн. *Көші-қон кезінде балалардың бір-бірінен сұрайтын ырымдарының бірі.*

**ЖОЛАЙ** үст. *Жол-жөнекей, жол бойы, жолшыбай.*

**ЖОЛАЙҒЫ** сын. сөйл. *Жол бойғы.*

**ЖОЛАЙРЫҚ** зат. *Жолдың екіге (үшке) айырылатын жері, тұсы.*

**ЖОЛАҚ** сын. *Жол-жол; біртұтас түстің үстінен басқа түспен жүргізіліп өткендегі түс.*

**Жолақ алаша.** *Біртегіс емес, ұзынынан жолақ салынып тоқылған алаша.* **Жолақ жылқы.** *Жолақтары бар жылқы тұқымдас жануар; зебра.* **Жолақ қоңыз.** зоол. <лат. leptinotarsa decemlineata> *Жәндіктер класының, қоңыздар отрядының жапырақ жегіштер тұқымдасының бір түрі.* **Жолақ құлан.** сөйл. *Зебра.*

**ЖОЛАҚ-ЖОЛАҚ** сын. **1.** *Жол-жол, көп жерден жолағы бар.* **2.** *Сызық-сызық.*

**ЖОЛАҚСЫЗ** сын. *Жолағы жоқ.*

**Жолақсыз бұлшық ет ұлпасы.** биол. <лат. textus muscularis nonstriatus> *Ішкі түтікше мүшелер мен қан және лимфа тамырлары қабырғаларындағы етті қабық пен етті тақташаларды (пластинкалар) түзетін ұлпа.*

**ЖОЛАҚТА=** ет. **1.** *Жолақ жүргізу, жолақ ету.* **2.** ауыс. *Гүлдендіру.*

**ЖОЛАҚТАН=** ет. *Бөлініп, ерекшеленіп, басқа түсті болғандықтан өзгеше болып көріну.*

**ЖОЛАҚТАНУ** *Жолақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛАҚТАУ** *Жолақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛАҚТЫ** сын. *Жолағы бар.*

**Жолақты бұлшық ет ұлпасы.** биол. <лат. textus muscularis transversostriatus> *Жануарлар ағзасының кеңістіктегі қимыл-қозғалысын және мүшелердің салыстырмалы қозғалысын қамтамасыз ететін ұлпа.* **Жолақты дене.** биол. <лат. corpus striatum> *Үлкен ми сыңарлары қыртысы астында орналасқан, сұр заттық орталықтар мен ақ заттық аралықтардан тұратын ми бөлімі.* **Жолақты мигматит.** геол. *Мигматиттің жолақ бітімді түрі.*

**ЖОЛАҚТЫҚ** зат. *Жол-жолдық.*

**ЖОЛАҚЫ** зат. *Жолға, ұзақ сапарға шыққанда, қоғамдық көлікке (автобус, траллейбус, трамбай т.б.) мінгенде көлік үшін төленетін төлем.*

**ЖОЛАЛА=** ет. көне. *Жол жүру, сапарға шығу.*

**ЖОЛАМАЙ** зат. *Көш-жөнекей уақытша тігілетін шағын баспана.*

**ЖОЛАН** сын. көне. *Мықты, мырза, береген.*

**ЖОЛАРАЛЫҚ** зат. *Жазылған мәтін жолдарының аралығына тән, соған қатысты.*

**Жоларалық интервал.** инф. <ағыл. space> *Дисплей экранындағы немесе қағаз бетіндегі қатар орналасқан мәтіндік жолдардың ара қашықтығы.*

**ЖОЛАТ=** ет. *Маңайына келтіру, жақындату, жуыту.*

**ЖОЛАТТАМАЛЫ: жолаттамалы бейне.** инф. <ағыл. interlaced video> *Экрандағы кадрдың алдымен жұп нөмірлі жолдарын, содан кейін тақ нөмірлі жолдарын қалыптастыра отырып дайындалатын бейнекескін.*

**ЖОЛАТУ** *Жолат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛАУ** *Жолат етістігінің қимыл атауы; жақындау, жақын келу.*

**ЖОЛАУШЫ** зат. <франц. passager> **1.** *Белгілі бір мақсатпен сапар шегуші, жол жүруші адам.* **2.** *Жүргінші.* **3.** этн. *Көшпелілер қоғамындағы хабар жеткізуші адам.* **4.** этн. *Дәстүрлі қазақ мәдениетінде қырықтың бірі қыдыр етіп қабылданатын жүргінші.*

**Жолаушы вагоны.** *Жолаушыларды тасуға арналған вагон.* **Жолаушы тасымалы.** *Көлікпен жолаушылар тасымалдау жұмысы.*

**ЖОЛАУШЫЛА=** ет. *Жол жүру, сапарға шығу; жолаушы болу.*

**ЖОЛАУШЫЛАТ=** ет. *Басқа жаққа жіберу, жолға шығару.*

**ЖОЛАУШЫЛАТУ** *Жолаушылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛАУШЫЛАУ** *Жолаушыла етістігінің қимыл атауы; жол жүру, шапқылау.*

**ЖОЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Жол жүрушілік, жолаушы болушылық.*

**ЖОЛАШАР** зат. этн. *Жолға шығар алдындағы жолаушының жолы болуы, аман-есен келуі үшін жасалатын ырым.*

**ЖОЛАЯҚ** зат. этн. *Жолға шығар алдында жасалатын кішігірім дастарқан.*

**ЖОЛБАРЫС** зат. <лат. panthera tigris> **1.** *Мысық тұқымдастарына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң.* **2.** ауыс. *Батыл, ержүрек, батыр адам.* **3.** ауыс. *Алып, ірі, текті, дарынды (адам туралы).*

**Жолбарыс көйлек [кебе].** *Қайыспен тігілген, қыл арқаннан жасалған батырлар киетін киім.* **Жолбарыс ойнады.** *Зығырданы қайнады.*

**ЖОЛБАРЫССЫН=** ет. *Батырсыну, ерсіну.*

**ЖОЛБАРЫССЫНУ** *Жолбарыссын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛБАРЫСТАЙ** сын. *Жолбарыс сияқты, ірі.*

**ЖОЛБАРЫСТЫ** сын. *Жолбарысы бар, жолбарысы көп.*

**ЖОЛБАРЫСТЫҚ** зат. *Батылдылық, жүректілік, күштілік.*

**ЖОЛБАРЫСША** үст. *Жолбарыс секілді, жолбарыс тәрізді.*

**ЖОЛБАСАР** зат. *Жол тосып, жолаушыны тонайтын қарақшы, ұры.*

**ЖОЛБАСАРЛЫҚ** зат. *Жол торушылық, тонаушылық, қарақшылық.*

**ЖОЛБАСТАУШЫ** зат. *Көсем, жетекші.*

**ЖОЛБАСТАУШЫЛЫҚ** зат. *Жолға шыққан топты бастап жүрушілік, жол көрсетушілік, бағыт сілтеушілік.*

**ЖОЛБАСШЫ** зат. <франц. guide> **1.** *Жолдың ой-қырын жақсы білетін, жол бастаушы.* **2.** ауыс. *Алға бастаушы, жөн көрсетуші.*

**ЖОЛБАСШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жолбасшы болушылық, жол көрсетушілік.* **2.** ауыс. *Жөн көрсетушілік, жетекшілік.*

**ЖОЛБАТА** зат. *Сапарға шығатын жолаушыға берілетін бата.*

**ЖОЛБЕЛГІ** зат. *Көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.*

**ЖОЛБИКЕ** зат. **1.** *Жолдан қосылушы, жолай кездескен серік.* **2.** ауыс. *Қу, сұм, сұрқия.*

**ЖОЛБИКЕЛІК** зат. *Жолдан қосылғандық, жолай кездесушілік.*

**ЖОЛГЕР** зат. *Жөн-жобаны білетін ақылды, білгір.*

**ЖОЛГЕРЛІК** зат. *Жөн-жобаға жетіктік, біліктілік.*

**ЖОЛҒАС=** ет. **1.** *Жолығу, кездесу.* **2.** *Табысу.*

**ЖОЛҒАСУ** *Жолғас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛҒЫ: ана жолғыдай.** *Анадағыдай, бұрынғы.*

**ЖОЛДА=** ет. *Бір нәрсені алыстағы адамға арнап жіберу, жөнелту.*

**ЖОЛДАҒУШЫ** зат. көне. *Жолдаушы.*

**ЖОЛДАҒЫШ** сын. *Жолдай бергіш.*

**ЖОЛДАМА** зат. *Қызметке не басқа жерге арнайы жіберу үшін берілетін қағаз, құжат.*

**ЖОЛДАМАЛЫ** сын. *Жолдамасы бар, жолдамамен келген.*

**ЖОЛДАН[1]=** ет. **1.** *Жөнелтілу, жіберілу, тапсырылу.* **2.** ауыс. *Арналу, айтылу.*

**ЖОЛДАН[2]=** ет. көне. *Жолға шығу, сапарға аттану.*

**ЖОЛДАНУ** *Жолдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛДАНЫМ** зат. ресми. *Құзырлы мекеме үшін берілетін басқа тараптың ресми бағыттау қағазы.*

**ЖОЛДАНЫМДЫҚ: жолданымдық сауда**. экон. *Өнімнің жеке-дара даналары мен майда топтамаларын байланыс кәсіпорындары арқылы сатудың прогресті нысандарының бірі.*

**ЖОЛДАС**[1] зат. **1.** *Жолға, алыс сапарға шыққан адамның қасындағы серігі.* **2.** *Қоғамдық ортасы бір, пікірлес, сыйлас кісі.* // сов. *Біреудің назарын аудару және ресмилік үшін әдетте фамилияның алдынан айтылатын қаратпа сөз.* **3.** *Ерлі-зайыпты адамның біреуі, зайып, жұбай.* **4.** ауыс. *Жан серік, қол үзбейтін зат.*

**Жолдас болмайды.** *Мәңгілік емес, тұрақсыз, опасыз.* **Жолдас болмас**. *Өмір бойы серік болмас.* **Жолдасың қыдыр болсын.** тілек. *Қадамыңа нұр жаусын; бақытты бол!*

**ЖОЛДАС**[2] зат. анат. *Құрсақтағы бала кіндігі арқылы жалғасып жатқан ішкі мүше.*

**ЖОЛДАС**[2]**: жолдас қар.** *Қыс бойы жататын қар.*

**ЖОЛДАС**[1]**=** ет. *Жіберісу, жөнелтісу.*

**ЖОЛДАС**[2]**=** ет. *Халық дәстүрі бойынша жол қуу; таласу, тартысу.*

**ЖОЛДАС-ЖОРА** зат. *Сыйлас, пікірлес, дос-жар, құрбы-құрдас.*

**ЖОЛДАС-ЖОРАСЫЗ** сын. *Дос-құрбысыз.*

**ЖОЛДАССЫЗ** үст. *Жолдасы жоқ.*

**ЖОЛДАССЫЗДЫҚ** зат. *Жолдасы, досжараны жоқтық.*

**ЖОЛДАССЫН=** ет. *Жолдас болғансу, жолдасы екен деп санау, білу.*

**ЖОЛДАСТЫҚ** зат. **1.** *Жолдас болушылық; жақындық, татулық.* **2.** *Дос-жарлық, ниеттестік, пікірлестік.* **3.** *Белгілі бір ортақ мүдде, көзқарас және өзара сыйластық, мінез үйлесімділігі т.б. негізінде қалыптасатын адамдар арасындағы қарым-қатынас түрі.* **4.** *Адамдар арасындағы жақын қарым-қатынастың достыққа ұласар алдындағы күйі.* **5.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында достық ретінде түсінілетін ұғым.*

**Жолдастық кездесу**. спорт. *Екі команданың арасындағы спорттық бәсеке.* **Жолдастық сот.** а) совет. *Әртүрлі жат қылық, әрекеттерді жолдастар құзырына салатын талқы.* ә) заң. *Азаматтық таластарды шешуге қоғамдық ұйымдар тарапынан тағайындалған адамдар тобы.*

**ЖОЛДАСУ** *Жолдас етістігінің қимыл атауы, өзара келісіп кезектесу.*

**ЖОЛДАСША** үст. *Жолдас тәрізді, жолдас секілді.*

**ЖОЛДАСШЫЛ** сын. *Жолдас сыйлағыш, көпшіл.*

**ЖОЛДАСШЫЛДЫҚ** зат. *Жолдастық қасиетке берік болушылдық.*

**ЖОЛДАТ=** ет. *Жолату, жуыту, жіберу.*

**ЖОЛДАУ**[1] зат. ресми. *Елбасылардың, президенттердің, мемлекет басшыларының халыққа біржылдық т.б. уақыт кезеңдері бойынша алдағы даму жоспарын, мемлекеттік саясаттың сала-саласындағы басымдықтарды көрсетіп, ұлтты осы мерзімдегі ортақ мақсаттарға жұмылдыру үшін жариялайтын маңызды ресми құжаты, сөзі.*

**ЖОЛДАУ**[2] *Жолда етістігінің қимыл атауы; жіберу, арнап жазу.*

**ЖОЛДАУШЫ** зат. *Бір нәрсені арнап жіберуші.*

**ЖОЛДАУХАТ** зат. ресми. *Мемлекет қайраткерлерінің не болмаса қоғамдық мекеменің, басқа бір ел не мекеме бастығына мемлекеттің, қоғамдық-саяси не басқадай мәселе бойынша хаты.*

**ЖОЛДАЯҚ** зат. *Заңды некеге тұрмаған, некесі қиылмаған жеңіл жүрісті адамдардың кездейсоқ қосылуынан туған бала.*

**ЖОЛДОРБА** зат. *Жолға шыққанда иыққа, арқаға аса салатын жүк дорба, қап.*

**ЖОЛДЫ** сын. **1.** *Жолы бар; жол салынған.* **2.** ауыс. *Жолы болғыш, ақжолтай.*

**Жолды ит.** *Аң алғыш ит.*

**ЖОЛДЫ-ЖОЛСЫЗ** үст. *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз.*

**ЖОЛДЫҚ**[1] сын. **1.** *Жолға арналған, жолға керекті.* **2.** *Жазба жолдан тұратын, жолы бар.*

**Жолдық редактор.** инф. <ағыл. line editor> *Мәтіндік командаларға сәйкес операцияларды оларда көрсетілетін жолдармен орындайтын мәтіндік редактор.*

**ЖОЛДЫҚ**[2] зат. жерг. *Жоралғы, рәсім, сыйлық.*

**ЖОЛДЫҚ**[3] зат. этн. *Бойжеткен қыздардың айт күндері жақсы көретін жігіттеріне сыйға беретін, кестелеп тіккен қалта орамалы.*

**ЖОЛЕТЕК** зат. *Жеңіл жүрісті әйел, жолбике.*

**ЖОЛЖАЗБА** зат. *Автордың жолсапар кезіндегі алған әсері мен көзбен көрген нақты оқиғалар суреттелетін шығарма.*

**ЖОЛЖЕЛКЕН** зат. өс. <лат. plantago> *Көбіне жол жиегінде, арық бойларында өсетін, тартар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**ЖОЛ-ЖОБА** зат. **1.** *Бағыт-бағдар, беталыс.* **2.** *Жол-жора, әдет, дәстүр, салт.*

**ЖОЛ-ЖОЛ** сын. **1.** *Жолы, жолағы бар.* **2.** *Жолақ-жолақ, айқыш-ұйқыш.*

**ЖОЛ-ЖОБАСЫЗ** сын. *Жолсыз, бағытбағдарсыз, беталды.*

**ЖОЛ-ЖОЛАЙ** үст. *Жол үсті, жол-жөнекей.*

**ЖОЛ-ЖОРА** зат. *Жөн-жоба, салт, әдет, дәстүр бойынша берілетін ырым, кәде.*

**ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫ** зат. *Салт, жоралғы, дәстүрлердің жалпы атауы.*

**ЖОЛ-ЖОСЫҚ** зат. сөйл. ***Жөн-жосық.***

**ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ** үст. **1.** *Жол бойы, жол үсті.* **2.** ауыс. *Сөз арасында, әңгіме үстінде.*

**ЖОЛЖЫЛЖЫТҚЫШ** зат. техн. кен. *Ашық кен жұмыстарында теміржол табандарын бөлшектемей, тұтас күйінде жылжытуға және жолдарды кранмен қайта төсеу кезінде даярлау жұмыстарын жүргізуге арналған мәшине.*

**ЖОЛКЕСЕР** зат. *Қарақшы, жолда тонаушы, ұры.*

**ЖОЛКӨЗЕР** зат. жерг. *Жолдың жайын жақсы білуші.*

**ЖОЛ-КӨЛІК: жол-көлік ережесі.** *Жолда жүру тәртібі, көліктер мен жолаушылардың дұрыс әрі қауіпсіз жол қозғалысын реттейтін, ресми бекітілген, орындалмаған жағдайда жауапқа тарту құқығы бекітілген нормалар жиынтығы.*

**Жол-көлік оқиғалары.** *Көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға.*

**ЖОЛКІЛЕМ** зат. *Еденге төселінетін ұзындау келген, ені тар төсеніш.*

**ЖОЛКІРЕ** зат. **1.** *Жолтұл, жолаушының бір сапарға барып-қайтуына, ұсақ-түйекке кететін шығыны.* **2.** *Жолаушы көлігін пайдаланғаны үшін төленетін жолақы.*

**ЖОЛҚАҒАЗ** зат. **1.** *Белгілі бір жерге жіберілген адамға берілетін жолдама.* **2.** *Жүргізушілердің қайда баратыны, не таситыны көрсетілген қағаз.*

**ЖОЛҚАЙЫҚ** зат. *Өзеннен өтуге арналған қайық.*

**ЖОЛҚАПШЫҚ** зат. *Жолдорба.*

**ЖОЛМА-ЖОЛ** үст. *Жол-жолымен, әр жол сайын.*

**Жолма-жол аударма.** *Мәтінді ешқандай өзгертпей, дәл аудару, сөзбе-сөз аударма.* **Жолма-жол басып шығаратын құрылғы [принтер].** инф. <ағыл. line printer> *Бір қабылдауда тұтас жолды басып шығаратын шапшаң құрылғы.*

**ЖОЛМОЙЫН** зат. жерг. *Теміржол рельстерінің қосылған жері.*

**ЖОЛ-МОЛ** зат. сөйл. *Жөн-жоба, әдет-ғұрып, жөн-жосық.*

**ЖОЛҚАПШЫҚ** зат. ***Жолдорба.***

**ЖОЛСАПАР** зат. *Жол жүрушілік, сапар.*

**ЖОЛСЕРІК** зат. **1.** *Жолға шыққандағы қатар орналасқан жолаушы, серік.* **2.** *Вагондағы тәртіпті реттеуші теміржол қызметкері.*

**ЖОЛСОҚТЫ: жолсоқты болды**. *Жол жүріп әбден шаршады, қалжырады.*

**ЖОЛСЫЗ** сын. **1.** *Жолы жоқ, жол түспеген.* **2.** ауыс. *Жөнсіз, ретсіз, қисынсыз.* **3.** ауыс. *Тәртіпсіз, әдепсіз, жүгенсіз.*

**ЖОЛСЫЗДЫҚ** зат. *Жөнсіздік, әдепсіздік, жүгенсіздік.*

**ЖОЛСЫЗ-ЖӨНСІЗ** сын. *Жөні жоқ, ретсіз.*

**ЖОЛСІЛТЕМЕ** зат. *Теміржолдың жол көрсетуші нұсқаулығы.*

**ЖОЛСІЛТЕУШІ** зат. *Жол көрсетуші, бағдар беруші.*

**ЖОЛТАБАН** зат. көлік. **1.** *Көлік құралдарында әрбір осьтің доңғалақтары арасындағы немесе шынжыртабандардың орталық сызықтары арасындағы қашықтық.* **2.** *Шпалдарға, білеулерге бекітілген екі рельстің арасындағы қашықтық.*

**ЖОЛТАЗАРТҚЫШ** зат. *Қалың қардан жолды аршып, ашқыш, тазалағыш.*

**ЖОЛТОСПАЙ: жолтоспай жасады.** *Жолын тосып ұстап алды, кедергі жасады.*

**ЖОЛТӨСЕГІШ** зат. көлік. *Теміржолдың рельс-шпал торын тасымалдауға және оны төсеуге арналған мәшине.*

**ЖОЛТӨСЕУШІ** зат. тех. *Инженерлік жабдығы бар мәшине.*

**ЖОЛХАТ** зат. көне. *Жолаушыға берілетін куәлік.*

**ЖОЛШЕКТЕУШІ** зат. инф. <ағыл. line terminator> *Терминалдан жолдарды енгізуді аяқтайтын символ.*

**ЖОЛШЫ** зат. **1.** *Жол жөндейтін адам.* **2.** *Сапарға, жолға шыққан адам, жолаушы.*

**ЖОЛШЫБАЙ** үст. *Жол бойы, жолжөнекей.*

**ЖОЛШЫБАЙҒЫ** сын. *Жол бойындағы, жол үстіндегі.*

**ЖОЛШЫҚ** зат. инф. <ағыл. track> *Мәліметтер тасығыш (айналып тұрған) бетінің бір магниттік бастиек жаза немесе оқи алатын бөлігі.*

**ЖОЛШЫЛ** сын. *Жол танығыш, жол білгіш.*

**ЖОЛШЫЛДЫҚ** сын. *Жол танығыштық, жол білгіштік.*

**ЖОЛЫҒУ** *Жолық етістігінің қимыл атауы; кездесу, жүздесу.*

**ЖОЛЫҒЫС=** ет. *Кездесу, жүздесу.*

**ЖОЛЫҒЫСУ** *Жолығыс етістігінің қимыл атауы; кездесу, ұшырасу.*

**ЖОЛЫҚ=** ет. **1.** *Кездесу, бетпе-бет жүз көрісу, ұшырасу.* **2.** *Душар болу, тап болу, кезігу.*

**ЖОЛЫҚТЫР=** ет. **1.** *Кездестіру.* **2.** *Тап болдыру, ұшырату.*

**ЖОЛЫҚТЫРУ** *Жолықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛЫҚТЫРЫЛ=** ет. *Кездестірілу.*

**ЖОЛЫҚТЫРЫЛУ** *Жолықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОЛЫМ**: **жолым үй.** этн. *Керегесіз уыққа киіз жауып, көшіп-қонуға ыңғайлап тігілген, сүйір төбелі кішкене қараша үй, жаппа.*

**Жолым үйдей**. *Кішкентай, мардымсыз.*

**ЖОМ**[1] зат. *Мал азығы ретінде пайдаланылатын қызылшаның қабығы, сығындысы.*

**ЖОМ**[2] зат. кәс. *Шелектегі балықты тығыздайтын құрал.*

**ЖОМАРТ** [ир. جوانمرد ] сын. **1.** *Қолы ашық, береген, мырза.// Қолы ашық, мырза адам.* **2.** ауыс. *Бай, кең.*

**Жомарт мінез.** *Көңілі дарқан, кеңпейіл.* **Жомарттың қолын жоқтық байлайды.** *Біреуге бергісі, көмектескісі келгенмен, ниеті жақсы болғанмен, өзінде жоқ болған соң, ол ойын жүзеге асыра алмайды деген мағынада.*

**ЖОМАРТСУ** *Жомартсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОМАРТСЫ=** ет. *Береген, қолы ашық болғансу.*

**ЖОМАРТСЫН=** ет. *Берегенсу, қолы ашық болғансыну.*

**ЖОМАРТСЫНУ** *Жомартсын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОМАРТТАН=** ет. **1.** *Мырзалану, қолы ашық, береген болу.* **2.** ауыс. *Жайма-шуақтану, жайдарылану.*

**ЖОМАРТТЫҚ** зат. **1.** *Мырзалық, берегендік, қолы ашықтық.* **2.** ауыс. *Дарқандық, кеңдік, молдық.* **3.** ауыс. *Сүйіспеншілік, мейірімділік.* **4.** филос. *Бойында әділет, шапағат, ақиқатты іздегіш қасиеті бар қолы ашық адамның жасаған әрекеті.* **5.** *Қайырымдылық, көмек, демеушілік.* **6.** морал ь. *Текке мал шашпаққа қарама-қарсы ұғым.* **7.** этн. *Қонақжайлылық, кеңпейілдік.*

**ЖОМЫҚШЫ** зат. *Қырғыз халқының әлеуметтік мағынасы терең, көркемдік дәрежесі жоғары эпостық жырларын жатқа айтатын жыршысы.*

**ЖОН**[1] зат. **1.** *Арқа, ту сырт, жота.* **2.** *Беткейлері көлбеу, етегі айқын шектелмеген, бір бағытта созылып жатқан қырат.*

**Жон арқа.** *Жота, арқа жон.* **Жон омыртқа.** анат. а) *Ауыз омыртқа мен бел омыртқаның арасындағы омыртқа тұсы.* ә) *Бір нәрсенің өзегі, ең маңыздысы, тірегі.* **Жон тері.** *Қыр арқасының, жотасының терісі.* **Жон терісінен таспа тілді.** а) *Өлімші етіп сабады, азаптады.* ә) *Өлтіре тілдеді.* **Жон терісін сыпырды [айырды, сыдырды, сойды].** *Жазасын берді.* **Жоны астаудай.** *Әбден семірген, семіз.* **Жоны ашылмады**. *Жарымады, жетіспеді.* **Жоны жадағайланды**. *Ет алды, семірді.* **Жонынан жарылды.** *Май басты, семірді.* **Жонынан қайыс алу.** *Арқадан, ту сыртынан қайыспен ұру.* **Жонынан таспа [қайыс] алды.** *Сойып алды, сабады, сазайын берді.* **Жонын берді.** *Теріс қарады, сырт айналды.* **Жонын жазды**. *Жадырады, жайнады.* **Жонын көрсетті.** *Теріс сыңай білдірді.* **Жонын сыртқа салды**. *Іргесін аулақ салды, қашқалақтады.* **Жонын тосты**. *Арқасын төседі, көнді, шыдады.* **Жонын тілді [тілінді].** *Жазасын берді, сабады.* **Жонын тіреді.** *Арқа сүйеді, арқаланды.* **Жоны таймады.** а) *Арықтамады, жүдемеді.* ә) *Жүні жығылмады.* **Жоны шықты.** а) *Жотасы күжірейді.* ә) *Беделі асты, қадірі артты.*

**ЖОН**[2] зат. жерг. *Бөшкедегі тұздалған балықты үстінен нығыздап бастыратын құрал.*

**ЖОН=** ет. **1.** *Ағашты жұқалап жоңқалау, шабу, кесу, тегістеу.* **2.** *Қажау, ысқылау.* **3.** ауыс. *Өңдеу, түзеу.*

**Жона бергеннің жұқарар кезі бар.** *Біртебіртте азайған зат бір күні үзіледі деген мағынада.* **Жонып жеді.** *Аз-аздан, там-тұмдап пайдаланды.*

**ЖОНА** зат. **1.** *Былғарыға бедер түсіріп жасаған тоқым сияқты көлемділеу келген әбзел түрі.* **2.** жерг. *Ердің екі қапталының астына салынатын тоқым.*

**ЖОНБАЙ** зат. жерг. *Біртуманың кейінгі буданының ақта етілмеген еркегі.*

**ЖОНГЛЕР** [франц. jongleur] зат. **1.** тар. *Орта ғасырлардағы француз кезбе актерлері мен музыканттарының жиынтық атауы.* **2.** *Бірнеше затты жеделдете лақтырып, лезде қағып алуды меңгерген цирк артисі.*

**ЖОНГЛЕРЛІК** зат. *Жонглерге тән өнер; ептілік, шапшаңдық.*

**Жонглерлік өнер**. *Цирк өнерінің бір түрі; үш немесе одан да көп затты белгілі бір ырғақпен лақтырып және қағып алу машығы.*

**ЖОНҒУЫР** зат. жерг. ***Сүргі.***

**ЖОНҒЫ** зат. *Екі жағында қолмен ұстайтын тұтқасы бар ағашты жонып, тегістейтін құрал, сайман [Үйшілер жонғының түзу жонғы, ойыс жонғы (кей жерде оны қуыс жонғы деп те айтады), ыру жонғы (оны тісті жонғы деп те қолданады) деп бөлінетін үш түрін пайдаланады].*

**ЖОНҒЫЛА=** ет. *Ағашты қайта-қайта жону, шауып тегістеу, сүргілеу.*

**ЖОНҒЫЛАУ** *Жонғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНҒЫШ** зат. *Жонып, тегістеп, сүргілейтін құрал. // Жонып, тегістейтін құрал.*

**ЖОНҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта жону.*

**ЖОНҒЫШТАУ** *Жонғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНДА=** ет. **1.** *Қырқалап, жоталай жүру.* **2.** *Үю, қырын шығарып қырлау.* **3.** ауыс. *Арқа жоннан ұру, соғу, сабау.*

**ЖОНДАМА** зат. жерг. *Арқа жүн, жота жүн.*

**ЖОНДАН=** ет. **1.** *Жон-жон болып үйілу, жоталану.* **2.** *Арқасын күжірейту, айбат шегу.* **3.** ауыс. *Күш-жігеріне міну, қайраттану, қаһарлану, айбат шегу.* **4.** ауыс. *Ет алып, семіру.*

**ЖОНДАНДЫР=** ет. **1.** *Қырландыру, жалдандыру.* **2.** *Күжірейттіру, қожырайттыру.*

**ЖОНДАНДЫРУ** *Жондандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНДАНУ** *Жондан етістігінің қимыл атауы; семіру.*

**ЖОНДА-ЖОНДА=** ет. *Ұрып-соғу, соғыпсоғып.*

**ЖОНДАТ=** ет. *Арқаны қайқаң еткізіп, жауырлату.*

**ЖОНДАТУ** *Жондат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНДАУ**[1] *Жонда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНДАУ**[2] сын. *Биіктеу, жоталау.*

**ЖОНДЫ** сын. **1.** *Шоқылы, жоталы.* **2.** ауыс. *Жауырынды, арқалы.*

**ЖОНДЫҚ** зат. **1.** *Жалғыз өркешті түйелерге жүк арту үшін өркешінің екі жағына, үстіне салынатын әбзел.* **2.** сөйл. *Арқа, жота, жон.*

**ЖОНДЫР=** ет. *Ағашты, таяқты т.б. затты аршыту, тегістету.*

**ЖОНДЫРУ** *Жондыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОН-ЖОН** сын. *Жота-жота, қырқа-қырқа.*

**ЖОН-ЖОНАС** зат. жерг. *Жота, белес, қырат.*

**ЖОН-ЖОТА** зат. *Жонды, жоталы биік жер.*

**ЖОНСАУ** зат. *Ел мекендеген, қонысқа жайлы бастауы да, ағын суы да бар, жон-арқа.*

**ЖОНСАУДАЙ** сын. *Жонсау сияқты, жонсау тәрізді.*

**ЖОНСЫЗ** сын. *Жоны, қыраты жоқ.*

**ЖОНСЫМАҚ** сын. экспр. *Жон тәріздес, жотасымақ.*

**ЖОНТАРЫЛ=** ет. жерг. *Бар денесімен төңкерілу, аударылу.*

**ЖОНТАРЫЛУ** *Жонтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНУ** *Жон етістігінің қимыл атауы; үй ағашын алғашқы өңдеу барысында және керегенің басын, уықтың алақанын т.б. жонғымен жонып отырып тегістеу.*

**ЖОНУШЫ** зат. *Бір нәрсені жонатын адам.*

**ЖОНЫЛ=** ет. **1.** *Мұқият тегістелу, аршылу.* **2.** *Ысқылану.*

**ЖОНЫЛУ** *Жоныл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОНЫС=**ет. **1.** *Ағашты өңдесу, тегістесу.* **2.** ауыс. *Белгілі бір істі, бірлесе түзетісу, өңдесу.*

**ЖОНЫСУ** *Жоныс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҢҒАР** зат. тар. **1.** *Шыңғыс хан әскерлерінің сол жақ қанаты.* **2.** *Төрт ойрат тайпа одағының 17-18 ғ-ларда жалпы атауы.*

**Жоңғар бұтадәні.** өс. <лат.hololachne soogorica>. *Жыңғыл тұқымдасына жататын бұтадән өсімдігінің құрғақ, сор, сортаң жерлерде өсетін түрі.* **Жоңғар қараматауы.** өс. <лат. soongoricum> *Алабұталар тұқымдасы қараматау туысына жататын өсімдік түрі.* **Жоңғар сәлемшөбі.** өс. <лат. cyperus soongoricus> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін эндемик өсімдік.* **Жоңғар сәулегүлі.** өс. <лат. helianthemum soongoricum> *Шегіргүлдер қатарына, ладандықтар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктің түрі.*

**ЖОҢҒЫ** зат. сөйл. ***Жонғы.***

**Жоңғы сүргі.** *Дөрекілеу өңдейтін сүргі.*

**ЖОҢҚА**[1] зат. *Ағашты, темірді сүргілегенде түсетін ұсақ қиқым, жаңқа.*

**ЖОҢҚА**[2] зат. кен. *Экскавациялық мәшине шөмішінің бір мәрте көсіп алуында массивтен бөлінетін тау-жыныстың белгілі бір пішіндегі көлемі.*

**ЖОҢҚАЛА=** ет. **1.** *Ағашты, темірді жұқалап өңдеу.* **2.** *Бір нәрсені жұқалап турау, ұсақтау.*

**ЖОҢҚАЛАУ**[1] *Жоңқала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОҢҚАЛАУ**[2]**: қара жоңқалау.** *Жұқалау, қалың емес.*

**ЖОҢҚАЛЫ** сын. *Жоңқасы бар, жоңқасы мол.*

**ЖОҢЫРЫШҚА** зат. сөйл. ***Жоңышқа.***

**ЖОҢЫШҚА** зат. өс. <лат. medicago> *Бұршақ тұқымдастар тобына жататын бір жылдық және көпжылдық екпе шөп.*

**Жоңышқа жапырағының бізтұмсығы.** зоол. <лат. phytonomus variabilis> *Қатты қанаттылар отрядының бізтұмсықтылар тұқымдасына жататын қоңыз.* **Жоңышқа қандаласы.** зоол. <лат. adelphocoris lineolatus> *Қансорғыштар тұқымдасына жататын жәндік.*

**ЖОҢЫШҚАЛЫ** сын. *Жоңышқасы мол, қалың.*

**ЖОҢЫШҚАЛЫҚ** сын. *Жоңышқа өскен жер.*

**ЖОП-ЖОРТА** үст. *Өп-өтірік, әдейі түк білмегенсіп.*

**ЖОРА**[1] ир. зат. **1.** *Әдет, ғұрып, салт, жоралғы.* **2.** псих. *Мінез-құлықтың қайсыбір қалыптасқан көрінісін біржақты қолданып, күштеп қайталаудың психоталдаулық түрі.*

**ЖОРА**[2] зат. жерг. *Қатар өскен замандас, тең-құрбы.*

**ЖОРА**[3] зат. жерг. *Шалғымен шапқандағы және тырнауышпен жинағандағы жал-жал шөп.*

**ЖОРА**[4] зат. жерг. *Бірігіп қой сойып, кезектесіп бірінің үйіне бірі барып қонақ болу.*

**ЖОРА-ЖОЛДАС** зат. *Жолдас-жора, аралас-құралас, құрбы-құрдас.*

**ЖОРА-ЖОРАЛҒЫ** зат. *Ырым, тарту, сыбаға.*

**ЖОРАЛА=** ет. *Болжау, нобайлау.*

**ЖОРАЛАС** зат. *Заманы бір, салты бір замандас, құрбы-құрдас.*

**ЖОРАЛАС=** ет. *Серіктесу, жолдас болу.*

**ЖОРАЛАСУ** *Жоралас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРАЛҒЫ** зат. **1.** этн. *Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпындағы кәделердің бір түрі; жасы үлкен адамдарға, ағайын-туыстарға немесе сыйлы қонақтарға қалыптасқан дәстүрге сай көрсетілген құрмет, берілетін сый-сияпат.* **2.** *Ырым, кәде.* **3.** ауыс. *Туынды, нәтиже, табыс тарту.*

**ЖОРАЛҒЫЛЫ** сын. *Жөн-жобалы, кәделі.*

**ЖОРАЛҒЫСЫЗ** сын. *Ырымдаусыз, атаусыз, дәстүрсіз.*

**ЖОРАЛҒЫШЫЛ** сын. *Дәстүршіл, салтшыл, әдетшіл.*

**ЖОРАЛЫ[1]** сын. жерг. *Үлгілі, өнегелі.*

**ЖОРАЛЫ[2]** сын. *Салт-дәстүрлі, жоралғылы. // Жоралғысы бар адам.*

**ЖОРАЛЫҚ** зат. *Дәстүрлік, жөн-жобалық, жол.*

**ЖОРАМАЛ[1]** зат. **1.** *Болжал ой, тұспал, болжам.* **2.** ғыл. *Айқын да нақты емес нысанды онда болуы мүмкін қасиеттер арқылы тануға ұмтылу.*

**Жорамал ақпарат.** инф. <ағыл. prior information> *Тәжірибе жүргізгенге дейін бар болатын ақпарат.*

**ЖОРАМАЛ[2]** зат. кәс. *Ұстаған балықты тізетін нәрсе.*

**ЖОРАМАЛДА=** ет. *Ойша жорамал жасау, болжау, тұспалдау.*

**ЖОРАМАЛДАН=** ет. *Долбарлану, нобайлану, шамалау.*

**ЖОРАМАЛДАНУ** *Жорамалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРАМАЛДАС=** ет. *Болжасу, шамаласу, жорамал жасасу.*

**ЖОРАМАЛДАСУ** *Жорамалдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРАМАЛДАТ=** ет. *Болжал айту, шамалау.*

**ЖОРАМАЛДАТУ** *Жорамалдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРАМАЛДАУ** *Жорамалда етістігінің қимыл атауы; ойша жорамал жасау, болжау, тұспалдау.*

**ЖОРАМАЛДЫ** сын. *Болжамды, тұспалды, жорамал еткен.*

**ЖОРАМАЛСЫЗ** сын. *Болжамсыз, тұспалсыз, жорамал жасамай.*

**ЖОРАМАЛШЫЛ** сын. *Болжамшыл, тұспалшыл.*

**ЖОРАП[1]** зат. кәс. *Болжам, жорамал.*

**ЖОРАП[2]** зат. жерг. *Жүн шұлық.*

**ЖОРАПТАУ=** ет. жерг. *Қызылдаған бидайды сыпырғышпен тазалау.*

**ЖОРАШЫЛ** сын. *Әдет-ғұрыпшыл, дәстүршіл, ырымшыл.*

**ЖОРҒА[1]** зат. *Жылқының төрт аяғын тең салып, ырғатыла, тайпала, теңселе, тербете жүйткіген адамға жайлы майда жүрістісі, шабыстысы. // Бір нәрсеге жүйрік, жетік, шебер. // Сөзге шешен, майталман.*

**Жорға бәйге.** *Жорға аттардың жарысы.* **Жорға бие.** *Ырғатыла, теңселе, тайпала басатын жүрісті бие.* **Жорға ат.** *Тайпала, ырғатыла, теңселе жүретін ат.* **Жорға дуадақ.** зоол. <лат. chlamydotis undulata> *Тырна тәрізділер отрядының дуадақ тұқымдасына жататын құс.* **Жорға жарыс.** *Жорға мінген шабандоздар жарысы; ұлттық ат спортының бірі.* **Жорға салдырды.** *Аттарының жорғасын салыстырды.* **Жорға табақ.** жерг. *Ет салатын табақ.*

**ЖОРҒА[2]** зат. *Бесіктің екі жағындағы ұзын сырық.*

**ЖОРҒА-ЖОРТАҢ** зат. **1.** *Жорғасы аралас, жорғалай келіп, шауып кететін аттың жүрісі.* **2.** ауыс. *Әдет, қалып, күй.*

**ЖОРҒА-ЖҮЙРІК** зат. *Жорғасы да жүйрігі де, бәрі аралас.*

**ЖОРҒАҚТА=** ет. *Елпек қағу, дегбірсіздену, ұшқалақтау, жалпаңдау.*

**ЖОРҒАҚТАУ** *Жорғақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРҒАҚТАТ=** ет. *Жорғалай жүру.*

**ЖОРҒАҚТАТУ** *Жорғақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРҒАЛА=** ет. **1.** *Жылқының жорға жүріспен тайпала теңселіп, шайқала жүріс салуы, жорғаға басу.* **2.** *Бауырымен жылжитын жәндік атаулының қозғалысы, жылжуы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің (қалам, саусақ т.б.) ары-бері тез қозғалуы.* **4.** ауыс. *Әдемі, әсем жүргенсу, майдалап басу (адам жайында).* **5.** ауыс. *Жүгіру, қуу.* **6.** ауыс. *Бәйек қағу, жағыну.*

**ЖОРҒАЛАҒЫШ** сын. *Жорғалап тез жүретін, жорғалай беретін, жорғалауық.*

**ЖОРҒАЛАҚТА=** ет. *Бәйек қағу, жағымпаздану, елпектеу, жорғақтау.*

**ЖОРҒАЛАТ=** ет. **1.** *Жорға салдыру, жорғалай шабу.* **2.** ауыс. *Қанаттандыру, екпіндету.*

**ЖОРҒАЛАТУ** *Жорғалат етістігінің қимыл атауы; жүгіру.*

**ЖОРҒАЛАУ** *Жорғала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тыпырлау, күйбеңдеу.* **2.** *Мәйпең қағу, жылмаңдау, бәйек болу, жік-жапар болу.*

**ЖОРҒАЛАУШЫ: бауырымен жорғалаушылар.** зоол. <лат. reptilia> *Бауырымен жорғалап жүретін омыртқалы жануарлардың класы.*

**ЖОРҒАЛЫ** сын. *Жорғасы бар, жорға мінген.*

**ЖОРҒАЛЫҚ** зат. **1.** *Жорғаға тән жүріс.* **2.** ауыс. *Қулық-сұмдық, жалғандық.*

**ЖОРҒАН** зат. жерг. *Көрпе, жүн салып қабыған көрпе.*

**ЖОРҒАТАЯҚ** зат. *Қазақтың ұлттық ойынының бір түрі.*

**ЖОРҒАУ** зат. *Маңай, төңірек.*

**ЖОРҒАША** үст. *Жорға тәрізді, жорғаға ұқсас.*

**ЖОРИ** үст. сөйл. ***Жорта.***

**ЖОРИЯ** үст. сөйл. *Жорта, әдейі, жори.*

**ЖОРТ=** ет. **1.** *Қатты жүру, сар желу.* **2.** *Дамылсыз кезу, шарлау.* **3.** ауыс. *Жағынып қызмет ету, бәйек болу.*

**Жортқан аң, ұшқан құс атаулы**. *Жер бетіндегі барлық жан-жануар.* **Жортқанда жолы болды.** *Қолына алған ісін кедергісіз аяқтады.* **Жортқанда жолың болсын.** тілек. *Сапарға аттанған, алыс жолға, жаугершілікке шыққан адамға сапарың кедергісіз, аман-есен болсын деген тілек.* **Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр [Қызыр] болсын.** тілек. *Сапарға я жорыққа аттанған кісіге берер бата-тілек.*

**ЖОРТА** үст. *Әдейі, қасақана.*

**ЖОРТАҚ** зат. **1.** *Аттың, аңның бүлкіл жүрісі.* **2.** ауыс. *Айла, қулық, бұлтаң.*

**ЖОРТАҚТА=** ет. **1.** *Жортақ жүріске басу, жорту.* **2.** *Зырылдау, зыту.* **3.** ауыс. *Қипақтау, қыбыжықтау.*

**ЖОРТАҚТАТ=** ет. *Жортаққа, бүлкілге салу.*

**ЖОРТАҚТАТУ** *Жортақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТАҚТАУ** *Жортақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТАҚТЫҚ** зат. *Жортаққа басушылық, жортақтағандық; айлакерлік, қулық.*

**ЖОРТАҚЫ** зат. *Жортақтап жүретін жорға жүрісті жылқы.*

**Жортақы сөз.** *Астарлы, бұлталаңы көп сөз.*

**ЖОРТАҚЫЛАУ** сын. *Аздап жортаңы бар, жүрдектеу.*

**ЖОРТАҢ** сын. сөйл. ***Жортақ.***

**ЖОРТАҢДА=** ет. сөйл. ***Жортақта.***

**ЖОРТАҢДАУ** *Жортаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТҚЫЗ=** ет. *Жүргіздіру, жорттыру.*

**ЖОРТҚЫЗУ** *Жортқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТҚЫШ** сын. *Жортуылшыл, жортып жүретін.*

**ЖОРТПАШ** сын. *Жүгіріп асыр салған.*

**ЖОРТПАШАҚ** зат. жерг. *Жүгіріп жүрген 4-5 жастағы бала.*

**ЖОРТТЫР=** ет. *Өргізу, жүргізу.*

**ЖОРТТЫРУ** *Жорттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТУ** *Жорт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТУШЫ** зат. **1.** *Жорыққа шыққан адам, шолғыншы.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Ұры, барымташы.*

**ЖОРТУЫЛ** зат. **1.** *Жорық, аттаныс.* **2.** *Тамақ іздеп кезушілік, төңіректі шарлап шығушылық.*

**ЖОРТУЫЛДА=** ет. **1.** *Жорыққа шығу, аттану, шабуылдау.* **2.** *Жорту, кезу, шарлау.*

**ЖОРТУЫЛДАУ** *Жортуылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРТУЫЛСЫЗ** үст. *Жортықсыз, жорықсыз.*

**ЖОРТУЫЛШЫ** зат. **1.** *Жорыққа аттанушы.* **2.** *Жортуылға шығушы, ұры, қарақшы.*

**ЖОРТЫС=** ет. *Жүру, кезісу. // Жортуылдап жүрген адам.*

**ЖОРУ** *Жоры етістігінің қимыл атауы; жорамалдау, тұспалдау. // Болжам, долбар, ұйғарым.*

**ЖОРУШЫ** зат. *Ұйғарушы, топшылаушы.*

**ЖОРЫ=** ет. *Бір нәрсені болжалдау, тұспалдау, байыптау, шамалау.*

**ЖОРЫҒЫШ** сын. *Бір нәрсені тұспалдап жори бергіш, жорамалшыл, болжалдағыш.*

**ЖОРЫҚ** зат. **1.** *Шабуыл, қарулы шайқас.* **2.** *Саяхат, серуен.* **3.** *Белгілі бір мақсат үшін жұмыла кіріскен іс.* **4.** әск. *Әскери бөлімдер мен құрамалардың белгілі бір бағытты бетке алып, көлікпен немесе жаяу ұйымдасқан түрде саппен қозғалуы.*

**Жорық әні.** әск. *Жорыққа шыққанда айтылатын марш, екпінді әскерлер әні.* **Жорық бекеті.** әск. *Жорықтағы әскерлерді күзету органы.* **Жорық белбеуі.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында жауынгерге арнап жасалатын белбеу, белдік.* **Жорық дорба.** *Жорыққа шыққанда алып жүретін шағын дорба, қалта.* **Жорық жабдығы.** әск. *Жауынгердің қару-жарақтарын, қорғаныс құралдарын, бекініс орындарын қазуға қолданылатын аспаптарын, азық-түлік қорын және т.б. белгілі бір ретпен орналастыруға арналған лайықтау жүйесі.* **Жорық жағдайы.** әск. *Қозғалысқа (жорық маршына) даярланған әскери техниканың әртүрлі үлгілерінің жағдайы.* **Жорық жылдамдығы.** әск. *Бөлім мен бөлімшелердің бір сағатта немесе бір тәулікте жүріп өткен жолының орташа жылдамдығы.* **Жорық күзеті.** әск. *Күзетілетін әскерлерге (күштерге) қарсыластың барлаушыларын жібермеу, оларды қарсыластың тұтқиылдан шабуыл жасауынан қорғауға және шеп құруға, ұрысқа енуге қолайлы жағдай жасау мақсатында жорықта ұйымдастырылатын әскерлерді (күштерді) күзетудің түрі.* **Жорық легі.** әск. *Құраманың, бөлімнің (бөлімшенің) бір бағыт бойынша жорықпен жылжуы үшін сапқа тұруы.* **Жорық пеші.** *Қыс айларында жылыну үшін немесе жорыққа шыққан кезде пайдаланылатын шағын пеш.* **Жорық реті.** әск. *Жорық жасау үшін бөлімшелердің, бөлімдер мен құрамалардың өздерінің күшейту құралдарымен бірге сапқа тұруы.* **Жорық түйе.** *Ұзақ жүріске дағдыланған мықты түйе.*

**ЖОРЫҚСЫЗ** үст. **1.** *Жорыққа шықпай, жорық болмай-ақ.* **2.** *Ретсіз, орынсыз.*

**ЖОРЫҚТАС** сын. *Жорықта, шайқаста бірге болған, майдандас.*

**ЖОРЫҚТЫ** сын. *Жорығы көп, шабуылды жаугершілік.*

**Жорықты күндер.** *Ұрыс, майдан даласы.*

**ЖОРЫҚТЫҚ** сын. *Жорыққа, шабуылға қажетті.*

**ЖОРЫҚШЫ** зат. *Жорыққа, сапарға аттанушы.*

**ЖОРЫҚШЫЛ** сын. *Жорыққа барғыш, жорыққа, шабуылға аттанғыш.*

**ЖОРЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Жорыққа аттанушылық, жорыққа шығушылық.*

**ЖОРЫЛ=** ет. *Саналу, ырымдасу.*

**ЖОРЫЛУ** *Жорыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРЫМАЛ: жорымал салым.** экон. *Пайдаланушының ағымдағы шотына банктің несиелік жазбасы; ол нақты (алдын ала) ақшалай қаражат жарнасын салумен жалғастырылмайды – жеке адамдар мен фирмаларды несиелендіру әдісі.* **Жорымал сан.** мат. *Бүтін, бөлшек, теріс сияқты түрлі сандарды қамтитын сан ұғымы.*

**ЖОРЫМТАЛ** сын. *Жорығыш, өзінше болжал айтқыш.*

**ЖОРЫП** зат. өс. <лат. chamaerhodos> *Құмды жерлерде өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖОРЫС=** ет. *Болжасу, тұспалдасу.*

**ЖОРЫСУ** *Жорыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРЫТ=** ет. *Тұспалдату.*

**ЖОРЫТУ** *Жорыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОРЫТЫЛ=** ет. *Болжатқызылу, тұспалдатылу.*

**ЖОСА** зат. **1.** *Қызғылт-сары түсті бояу топырақ.* **2.** *Сол топырақтан алатын қызыл күрең бояу.* **3.** хим. *Құрамына темірдің немесе қорғасынның кейбір оксидті туындылары кіретін пигменттер тобының жалпы атауы.*

**Жоса болды.** *Қып-қызыл ала қан болды, қырылды.*

**ЖОСАДАЙ** сын. *Жоса сияқты, жоса тәрізді.*

**ЖОСА-ЖОСА** сын. үст. *Айғыз-айғыз, жол-жол, ағыл-тегіл.*

**ЖОСАҚ** зат. жерг. *Жақ, тарап, бағыт, беталыс.*

**ЖОСАҚТЫ** сын. *Жөн-жосықты білетін, білікті.*

**ЖОСАЛ=** ет. *Жосу, ағылу.*

**ЖОСАЛА=** ет. **1.** *Жоса бояумен бояу.* **2.** *Далап жағу, қызарту.* **3.** ауыс. *Қып-қызыл ету; қан қылу.*

**ЖОСАЛАН=** ет. *Айғыздалу, тарамдалу.*

**ЖОСАЛАНУ** *Жосалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСАЛАУ** *Жосала етістігінің қимыл атауы; жоса бояумен бояу, сырлау.*

**ЖОСАЛЫ** сын. **1.** *Жосасы мол.*

**ЖОСАШЫ** зат. *Жоса даярлаушы, жосамен бояушы.*

**ЖОСБАЛДА=** ет. *Тұспалдау.*

**ЖОСҚЫН** зат. *Жосыған топ, шұбырған лек, босқын.*

**ЖОСҚЫНДА=** ет. *Жосу, жөңкілу.*

**ЖОСҚЫНДАУ** *Жосқында етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСПАҚТА=** ет. *Болжау, шамалау, тұспалдау.*

**ЖОСПАҚТАУ** *Жоспақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСПАЛАУ** сын. *Шамалырақ, бостау.*

**ЖОСПАР** зат. **1.** *Бір күнде немесе бір апта, бір жылда жасалатын жұмыстардың жобаланған тәртібі, реті.* **2.** <лат. planus> *Белгілі бір жұмыстың алдын ала жасалған жобасы.* **3.** экон. *Мақсаты, мазмұны, көлемі, әдістері мен құралдары, орындалу мерзімі көрсетіліп, нақты кезеңге межеленген шараларды жүзеге асырудың белгіленген тәртібі мен реті.* **4.** сәулет. *Архитектуралық құрылыс ғимараттарының немесе адамдар қоныстанатын мекендердің төбесінен қарағандағы көрінісінің белгілі бір масштаб бойынша қағаз бетіне түсірілген сызбасы не макет түріндегі көрінісі.* **5.** пед. ***Күнтізбелік жоспар.***

**Жоспардан жоспарға өрледі.** сов. *Бесжылдық жоспарды артығымен орындап, келесі бесжылдық жоспарда белгіленген жұмыстарға ауысты.* **Жоспардан тыс**. *Жоспарда көрсетілгеннен басқа.* **Жоспарды артық орындады.** сов. *Қабылдаған жоспарда белгіленген мерзімінен бұрын, көрсетілген көрсеткішінен артық мөлшерде аяқтады.*

**ЖОСПАРЛА=** ет. **1.** *Істелетін істі жобалау, міндетке алу, жоспарын жасау.* **2.** *Белгілеу, түрту, межелеу, ескеру.*

**ЖОСПАРЛАМА** зат. сов. *Құрылыстарда, үлкен кәсіпорындарда күнбе-күнгі жұмыс барысын қадағалап, бағыт-бағдарын белгілейтін, көбіне жұмыс басталар алдында болатын қысқа түрдегі мәжіліс.*

**ЖОСПАРЛАН=** ет. *Жоспарға алыну, жобалану.*

**ЖОСПАРЛАНУ** *Жоспарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСПАРЛАС=** ет. *Жоспар құрысу, өзара келісу.*

**ЖОСПАРЛАСУ** *Жоспарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСПАРЛАТ=** ет. *Жоспар құрғызу, жоспарға кіргізу.*

**ЖОСПАРЛАТУ** *Жоспарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСПАРЛАУ** *Жоспарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алдын ала жобалау, белгілеу.* **2.** экон. *Нақты нысанның (мемлекеттің, кәсіпорынның, ұжымның т.б.) экономикалық және әлеуметтік дамуының белгілі бір мерзімге арналған жоспарын, сондай-ақ оны жүзеге асыруға бағытталған нақтылы іс-шаралар кешенін талдап жасау.*

**ЖОСПАРЛАУШЫ** зат. сов. *Жоспар жасаушы.*

**ЖОСПАРЛЫ** сын. *Жоспарланған, жобаланған, жоспары бар.*

**Жоспарлы көрсеткіш.** экон. *Ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі бөліктерінің байланысы мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіштер жиынтығы; нарықтық экономика жағдайында ел экономикасы дамуының, жеке кәсіпорын, ұйым, құрылымдық бөлімше жұмысының сандық және сапалық көрсеткіші.* **Жоспарлы түрде.** *Бейберекет, стихиялы түрде емес, жоспарланған күйде.* **Жоспарлы экономика.** сов. *КСРО-да және басқа да «социалистік» деп аталған елдерде қолданылған экономикалық жүйені ұйымдастыру тәсілі, материалдық қорлар мемлекет меншігі болып есептелген, барлық кәсіпорындардың экономикалық қызметін директивалық жоспарлау, басқару және бақылау арқылы бағытталып, үйлестіріліп отыру.*

**ЖОСПАРЛЫЛЫҚ** зат. *Жоспар жасаушылық, болжаушылық, жобалылық.*

**ЖОСПАРСЫЗ** сын. *Жоспарланбаған, ретсіз, жобасыз, жүйесіз, қалай болса солай.*

**ЖОСПАРСЫЗДЫҚ** зат. *Жоспары жоқтық, жоспарланбағандық, жүйесіздік.*

**ЖОСТЫР=** ет. *Жосыту, жосылту, жүйткіту.*

**ЖОСТЫРУ** *Жостыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСЫ=** ет. **1.** *Шұбыру, сабылу, ағылу, жорту.* **2.** *Сұйық заттардың ағуы, құйылуы.* **3.** *Қашу, босу, зыту, безу.* **4.** *Жорту, жүйтку, жөңку.* **5.** ауыс. *Екпінден есу, зулау, зымырау.* **6.** ауыс. *Орынсыз бөсу, мақтану.*

**Жосып кетті [өтті].** *Осып түсті, тіліп түсті.*

**ЖОСЫҚ**[1] зат. **1.** *Түрлі ырым мен салт, әдет-ғұрып.* **2.** *Жөн, ыңғай, қисын.* **3.** ауыс. *Заң, ереже, тәртіп.* **4.** ауыс. *Қылық, мінез-құлық, әрекет.*

**ЖОСЫҚ**[2] зат. *Қырғын, қанды соғыс, қан майдан.*

**ЖОСЫҚ-ЖОРАЛҒЫ** зат. *Тәртіп, ереже, қағида.*

**ЖОСЫҚСЫЗ** сын. *Орынсыз, жөнсіз, қисынсыз.*

**ЖОСЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Жөнсіздік, ретсіздік, қисынсыздық, келіссіздік.*

**ЖОСЫЛ=** ет. *Зулау, ағыл-тегіл болу, зымырау.*

**ЖОСЫЛТ=** ет. *Жүйткіту, ағылту.*

**ЖОСЫЛТУ** *Жосылт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүйткіту, ағызу.* **2.** қолөнер. *Үй жиһаздарының, сәндеген бұйымдардың бетіне қатар сызықтардан өрнек салу, сыру.*

**ЖОСЫЛУ** *Жосыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСЫЛЫС=** ет. *Қатарласу, жарысу, жүйткісу.*

**ЖОСЫЛЫСУ** *Жосылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОСЫМАЛЫ** сын. *Көшпелі, жосып жүретін.*

**ЖОСЫН**[1] зат. *Жосыған топ, лек. // Жосыған, босыған.*

**ЖОСЫН**[2] зат. жерг. *Әдет-ғұрып, салт, жосық.*

**ЖОСЫН**[3] үст. *Бөтенше, ерекше, өзгеше; ерсі, тосын.*

**ЖОСЫНДАЙ** сын. *Жосын сияқты, жосын тәрізді.*

**ЖОСЫТ=** ет. **1.** *Жөңкілу.* **2.** *Екпіндетіп шабу, ағызу, жүйткіту.* **3.** ауыс. *Жамсатып қырып салу, жусату.* **4.** ауыс. *Ұрып-соғу, таяқтау, қамшылау, сабау.*

**ЖОСЫТУ** *Жосыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОТА** зат. **1.** *Биіктігі әртүрлі келген (үлкен, кіші, аласа) қыр, қырқа, қырат.* **2.** ауыс. *Жан-жануарлардың, адамның арқасы, жоны.* **3.** ауыс. *Бел, белес, асу.*

**Жотадан басты.** *Талғады, таңдады, сұрыптады.* **Жотасын көрсетті.** *Күш көрсетті, мықтылығын білдірді.*

**ЖОТА-ЖОЛАҢ** зат. сөйл. *Қыр-қырат, бел-белес.*

**ЖОТА-ЖОН** зат. *Арқа-жон, ту сырт.*

**ЖОТА-ЖОТА** сын. *Қырат-қырат, төбе-төбе, жал-жал.*

**ЖОТАЛА=** ет. **1.** *Жота қып қырлап үю, биіктеу.* **2.** *Жота үстімен, қыратпен жүру.*

**ЖОТАЛАН=** ет. **1.** *Жота болу; жондану, жалданып дөңкию.* **2.** ауыс. *Нығайып ұлғаю, белдену, қуаттану.*

**ЖОТАЛАНДЫР=** ет. *Биіктету.*

**ЖОТАЛАНДЫРУ** *Жоталандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОТАЛАНУ 1.** *Жоталан етістігінің қимыл атауы; жота болу, жондану, жалдану, дөңкию.* **2.** ауыс. *Нығайып ұлғаю, белдену.*

**ЖОТАЛАТ=** ет. **1.** *Жотамен, жонмен жүру, қырқалату.* **2.** ауыс. *Арқадан ала соғу, жондату.*

**ЖОТАЛАТУ** *Жоталат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОТАЛАУ** *Жотала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖОТАЛЫ** сын. **1.** *Жонды, жалды, қырлы, белді.* **2.** ауыс. *Жауырынды, иықты, денелі, жонды; жотасы үлкен.* **3.** ауыс. *Дөңкиген, биік келген.* **4.** ауыс. *Күшті, мықты, зор, мығым.*

**ЖОТАЛЫЛЫҚ** зат. *Мықтылық, зорлылық, әулеттілік.*

**ЖОТАСЫЗ** сын. *Қыр-қырқасыз, адырсыз, жонсыз, жотасы жоқ.*

**ЖОТАШЫҚ** зат. *Кішірек келген қырқа, жота.*

**ЖОШ: жош ұрды.** көне. *Өрекпіді, қызуланды.*

**ЖОШЫ=** ет. көне. ***Жосы** (көңілдің шаттанып көтерілуі, асып-тасуы).*

**ЖОШЫ: жошы қуырдақ.** *Майлы етке ұн сеуіп қуырылатын тағам.*

**ЖОШЫН** зат. жерг. *Жосық (керемет, сұмдық).*

**ЖОЮ** *Жой етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрту, өлтіру, жоқ қылу.* **2.** *Болдырмау, жол бермеу.*

**Жою құны.** экон. *Негізгі құрал-жабдықты пайдалы қызмет мерзімінің аяғында жою кезінде істен шығуына байланысты межелі шығынды шегеріп тастағанда пайда болатын алдын ала ойластырылған, болжалды құн.*

**ЖОЯ** зат. жерг. **1.** *Қауын, қарбыз т.б. егетін жер.* **2.** *Мақта қатарларының арасындағы кішкене өзекшелер, жүйек.*

**ЖОЯН** сын. жерг. *Жойқын, теңдесі жоқ; үлкен.*

**ЖӨБІШЕНДІ** сын. сөйл. ***Жөпшенді.***

**ЖӨГІ** зат. **1.** *Ауыр жүкке жарамсыз, көктемде адамды құып ығыр қылатын, нар бураның айлакер нашар мінездісі.* **2.** ауыс. *Айлакер, қу, сұм; арам адам.*

**ЖӨГІЛЕН=** ет. *Құлану, айлакерлену, сұмдану, залымдану.*

**ЖӨГІЛІК** зат. *Айлакерлік, құлық, арамдық, залымдық.*

**ЖӨДЕМЕЛЕТ=** ет. *Тездету, жылдамдату, жеделдету.*

**ЖӨДЕМЕЛЕТУ** *Жөдемелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨДЕҢ** зат. *Жөкең, көкең, ағаң.*

**ЖӨЙТ** зат. сөйл. ***Жойыт.***

**ЖӨЙТТІК** зат. сөйл. ***Жойыттық.***

**ЖӨКЕ**[1] зат. **1.** өс. <лат. tilia> *Жапырағының жиектері тіс-тіс келген, хош иісті, бал шырынды гүлі бар, майда жапырақты ағаш.* **2.** *Осы ағаштың қабығынан жасалған бұйымдар.*

**ЖӨКЕ**[2] зат. экспр. *Көке, аға.*

**ЖӨКЕАҒАШ** зат. бот. <лат. tiliaceae> *Ағаш, бұта немесе шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ЖӨКЕЙ** сын. көне. *Арбаушы, жәдігөй, айлакер, сиқыр.*

**ЖӨКІТ=** ет. жерг. *Әбігер ету, мазалау.*

**ЖӨКІТУ** *Жөкіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨЛЕК** зат. *Жан-жануарлардың қанын, өсімдіктің сөлін соратын таскене.*

**Жөлек кене.** биол. <лат. ixodes persulcatus> *Кенелер отрядының иксодалық кенелер тұқымдасының бір түрі.*

**ЖӨЛЕ=** ет. жерг. *Тежеу, сүйемелдеу.*

**ЖӨЛКЕ** зат. бот. *Жапырақтың нәр алатын өзегі, тарамы.*

**ЖӨЛКЕЛІ** сын. бот. *Жөлкесі бар, тарамды.*

**ЖӨЛІК** зат. сөйл. *Айлакер, қу.*

**ЖӨЛІКТЕУ** сын. сөйл. *Айлалы, құлау.*

**ЖӨМДЕ=** ет. жерг. *Тезге түсіру, жұмарлау; көндіру.*

**ЖӨМДЕУ** *Жөмде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨН** зат. **1.** *Жүйе, ыңғай, рет.* **2.** *Дұрыс бағыт, таза жол. // Орынды, ыңғайлы.* **3.** *Мән, сыр.* **4.** *Жай, әншейін.* **5.** *Орын, жағдай, реті. // Дұрыс, ақиқат, әділ.* **6.** *Кім екендігі, шыққан тегі, аты-жөні, жай-жапсары.*

**Жөн бар ма?** *Сөз бар ма?* **Жөн білдірді.** *Анығын, шындығын айтты, дұрысын сездірді.* **Жөнге берді.** *Әділдігіне, ақиқатына, билігіне салды.* **Жөнге жүрмейді.** *Айтқанға көнбейді, тіл алмайды.* **Жөнге көшті [келді].** *Тіл алды, көнді, ақылға келді.* **Жөнге салды [келтірді].** а) *Жолға қойды, реттеді, түзеді.* ә) *Тәртіпке шақырды, тәрбиеледі.* **Жөнге салу.** *Реттеу, түзеу.* **Жөнге үндеді.** *Дұрыс жолға салды, жөнге салды.* **Жөн жоқ, жосық жоқ.** *Беталды, өз-өзінен.* **Жөн жүрді.** жерг. *Тыныш жүрді, жай жүрді.* **Жөн көрді.** *Мақұлдады, дұрыс деп тапты.* **Жөн көрсету.** *Жол-жоба білгендікті таныту, білдіру.* **Жөн отырды.** *Жайына жүрді, байланыспады, киілікпеді.* **Жөн себеп.** пед. *Жұмыстан, сабақтан және т. б. қалу немесе кешігу себебінің дәлелді, уәжді болуы.* **Жөн сөйлесті.** *Хал-жағдай сұрасты, білісті.* **Жөн сұрады.** а) *Ақылдасты, кеңесті.* ә) *Жай-жапсарын сұрады.* **Жөн сілтеді.** *Бағыт нұсқады, жол көрсетті.* **Жөн [жөнін] тапты.** а) *Істің ретін, ыңғайын, жолын білді.* ә) *Жайына кетті, өз халін, жайын ойлады.* **Жөн тартты.** а) *Сапар шекті, жолаушы жүрді.* ә) *Нашарлады, әлсіреді.* **Жөн тергесті.** *Жөн сұрасу.* **Жөні бөлек.** *Орны бөтен, ерекше.* **Жөні жоқ.** *Жөнсіз, қисынсыз.* **Жөні келді.** *Реті келді, сәті түсті.* **Жөні кетіңкіреді.** *Ыңғайы, қисыны, реті болмады.* **Жөнін айтты.** *Бір нәрсенің мән-жайынан, бағдар-бағытынан, рас, шындығынан хабар білдірді, бағыт нұсқады.* **Жөнін білді.** *Жай-жапсарын, мәнін анықтады, сырын ұқты.* **Жөніне [шынына, түзуіне] көшті.** *Бұрмаламай шынын айтты, дұрысын айтты.* **Жөніне тартты [кетті].** *Жайына кетті.* **Жөні түзу.** а) *Қолынан іс келетін, сөзді түсінетін; жібі түзу.* ә) *Іске татыр, жарамды.*

**ЖӨН**[2] зат. *Жол, жоралғы, салт.*

**Жөнге [тәртіпке, жүйеге, ретке] келтіру.** *Түзеу, жөнге салу.* **Жөнге келді.** *Келісті, көнді, қарсы болмады.* **Жөн сілтеді.** *Бағыт берді, жол көрсетті.* **Жөн сұрады.** *Жөнін, кім екенін анықтап білді.* **Жөн сұрасты.** *Бір-бірінен жөнін, кім екенін сұрап білді.* **Жөні [бір] бөлек.** *Бір басқа, ерекше.* **Жөні келді.** *Реті болды, сәті, орайы түсті.*

**ЖӨНБІС** сын. *Жөн білетін көнбіс.*

**ЖӨНДЕ** шыл. сөйл. ***Жөнінде.***

**ЖӨНДЕ=** ет. **1.** *Жөнге келтіру, дұрыстау, реттеу.* **2.** *Сынған, қираған, ескірген, бүлінген затты оңдау, қалпына келтіру.* **3.** ауыс. *Реттеу, ыңғайлау.*

**ЖӨНДЕКІ** сын. *Нашар, көне.*

**ЖӨНДЕКІЛЕУ** сын. *Нашарлау, жөнсіздеу.*

**ЖӨНДЕЛ=** ет. **1.** *Оңдалу, қалпына келтірілу.* **2.** ауыс. *Түзелу, жөнге келу.* **3.** ауыс. *Тазалану, дұрыс киіну.*

**ЖӨНДЕЛУ** *Жөндел етістігінің қимыл атауы; реттелу, дұрысталу, оңдалу.*

**ЖӨНДЕЛІС=** ет. *Дұрысталу, реттесу.*

**Жөнделіс тапты.** *Жөнделді, оңдалды.*

**ЖӨНДЕНІС** зат. сөйл. *Түзелу, оңдалу.*

**ЖӨНДЕМ**[1] зат. *Иненің бір түрі, жуан ине.*

**ЖӨНДЕМ**[2] сын. **1.** *Дұрыс, жөнді, жарамды.* **2.** *Жөн-жобаны білетін, әр нәрсенің ыңғай, ретін түсінетін; жарамды, білікті. // Орнымен, ретімен.*

**Жөндемге келді.** *Реттелді, жөнделді, дұрысталды.* **Жөндем ине.** *Жуан ине.* **Жөндем өгіз.** *Жуас, жөнге салынған, бас білетін.* **Жөндем сөз.** *Жөнді, тәуір лебіз, жылы сөз.*

**ЖӨНДЕМ**[3] сын. *Әкі.*

**ЖӨНДЕМДІ** сын. *Дұрыс, ретті, жөнді.*

**ЖӨНДЕМДІК** зат. *Дұрыстық, жөнділік, парасаттылық.*

**ЖӨНДЕМДІЛЕУ** сын. *Дұрыстау, жөндірек, орындылау.*

**ЖӨНДЕМІРЕК** сын. *Дұрысырақ, жөндірек, орындырақ.*

**ЖӨНДЕҢКІРЕ=** ет. *Жөндей түсу.*

**ЖӨНДЕҢКІРЕП** үст. *Дұрыстаңқырап, тәуірлеп.*

**ЖӨНДЕҢКІРЕУ** *Жөндеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕП** үст. *Дұрыстап, оңдап.*

**ЖӨНДЕС=** ет. **1.** *Оңдасу, бірге жөндеу.* **2.** *Реттесу, бірге дұрыстау.*

**ЖӨНДЕСТІР=** ет. *Реттестіру.*

**ЖӨНДЕСТІРУ** *Жөндестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕСУ** *Жөндес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕТ=** ет. *Түзету, өңдету, дұрыстату.*

**ЖӨНДЕТТІР=** ет. *Жөнге келтірту, реттету.*

**ЖӨНДЕТТІРУ** *Жөндеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕТУ** *Жөндет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕТІЛ=** ет. *Түзетілу, реттетілу.*

**ЖӨНДЕТІЛУ** *Жөндетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДЕУ**[1] сын. жерг. *Нашарлау, көзге қораштау, жөндекілеу.*

**ЖӨНДЕУ**[2] *Жөнде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түзету, өңдеу, реттеу, ыңғайлау.* **2.** *Жөнге салу, түзету.*

**Жөндеу базасы.** *Ауылшаруашылық техникаларын күрделі, жай жөндеуге қабылдап алатын мекеме.* **Жөндеу зауыты.** *Мәшине, трактор, комбайн т.б. ауылшаруашылық мәшинелерін механикалық жөндеуден өткізетін өнеркәсіп орны.* **Жөндеу қоры.** *Негізгі құрал-жабдықты жөндеудің барлық түрлерін (күрделі, орташа, ағымдағы жөндеулерді) жүзеге асыру үшін кәсіпорындарда, бірлестіктерде құралатын ақшалай қаражаттың арнаулы қоры.* **Жөндеу орны.** *Ауылшаруашылық техникаларын жөндейтін орын.* **Жөндеу шеберханасы.** *Мәшинелерді жөндеуден өткізетін, түрлі механикалық аспаптармен жабдықталған өнеркәсіп орны.*

**ЖӨНДЕУЛІ** сын. *Жөнделген, жөндеуден шыққан.*

**ЖӨНДЕУСІЗ** сын. **1.** *Жөндеуден өтпеген, жөнделмеген.* **2.** *Өңдеусіз, түзетусіз; жетілдірілмеген.*

**ЖӨНДЕУШІ** зат. *Мәшинелерді, құрылыс орындарын жөндейтін маман.*

**ЖӨНДЕУШІ-РЕТТЕУШІ** зат. *Станок, мәшине, техникалық құрал-жабдықтарды жөндеу, тәртіпке келтіру жұмысымен шұғылданушы шебер.*

**ЖӨНДІ** сын. **1.** *Дұрыс, тәуір.* **2.** *Жүйелі, орынды.* **3.** *Оңды, жібі дұрыс, жөні түзу.*

**ЖӨНДІГУ** *Жөндік етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДІ-ЖӨНСІЗ** сын. *Орынды-орынсыз.*

**ЖӨНДІ-ЖӨНСІЗДІК** зат. *Дұрыс не дұрыс еместік; дұрыс және бұрыс істері.*

**ЖӨНДІК** зат. *Дұрыстық, әділдік, туралық.*

**ЖӨНДІК=** ет. *Дұрысталу, жөнделу, реттелу.*

**ЖӨНДІККЕ** үст. *Текке, тыныш; жөніне.*

**ЖӨНДІКТІР=** ет. *Реттеу.*

**ЖӨНДІКТІРУ** *Жөндіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨНДІЛЕУ** сын. *Тәуірірек, жақсырақ, дұрыстау.*

**ЖӨНДІЛІКПЕН** үст. сөйл. *Тыныштымен; жөнімен.*

**ЖӨНДІМДІ** сын. сөйл. ***Жөндемді.***

**ЖӨНЕ=** ет. **1.** *Жүріп кету, жолға шығу, жөнелу, кету.* **2.** *Зыту, зулау, зымырау.*

**ЖӨНЕКЕЙ** үст. *Жолшыбай, жолай, жол бойы.*

**Жөнекей қора.** *Жаулауда уақытша салынған қора.*

**ЖӨНЕЛ=** ет. **1.** *Жүріп кету, жолға шығу, жөнеу.* **2.** *Зыту, зымырау, тайып тұру.* **3.** грам. *Етістік сөздермен тіркес келіп, бірден, кенет болған қимылды білдіреді.*

**ЖӨНЕЛТ=** ет. **1.** *Жіберу, кетіру.* **2.** *Аттандыру, жіберу.* **3.** *Өлікті соңғы сапарға шығарып салу, жерлеу.*

**ЖӨНЕЛТУ** *Жөнелт етістігінің қимыл атауы; жіберу.*

**ЖӨНЕЛТТІР=** ет. *Жіберттіру.*

**ЖӨНЕЛТТІРУ** *Жөнелттір етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНЕЛТУШІ** зат. *Бір нәрсені тиісті орынға, белгілі жаққа жіберіп тұрушы қызметкер.*
**ЖӨНЕЛТІЛ=** ет. *Жіберілу.*
**ЖӨНЕЛТІЛУ** *Жөнелтіл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНЕЛТІЛІМ** зат. *Жіберілетін жүк, хат-хабар.*
**ЖӨНЕЛТІМ** зат. *Заттың, тауардың, хат-хабардың т.б. тиісті орындарға жіберілуі.*
**ЖӨНЕЛТІС=** ет. *Жіберісу, бірге жөнелту.*
**ЖӨНЕЛТІСУ** *Жөнелтіс етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНЕЛУ** *Жөнел етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНЕЛІС=** ет. *Бірге кету.*
**ЖӨНЕЛІСУ** *Жөнеліс етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНЕМ** зат. жерг. *Тәлім-тәрбие беру мақсатында айтылатын ғибрат, ақыл, кеңес, өнеге сөз.*
**ЖӨНЕҢДЕУ** сын. *Нашарлау, жұпынылау.*
**ЖӨНЕРЕ** зат. көне. *Жөн-жоба, әдет-ғұрып.*
**ЖӨНЕУ**[1] зат. *Ақыл-кеңес, өсиет; жөн.*
**Жөнеу қағаз**. *Қызметке яки іссапарға жіберу туралы берілген жолдама.*
**ЖӨНЕУ**[2] *Жөне етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨН-ЖАПСАР** зат. сөйл. ***Жай-жапсар***.
**ЖӨН-ЖОБА** зат. **1.** *Дәстүрлі әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жосық.* **2.** *Істің мән-жайы, реті, ыңғайы.* **3.** *Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, ақыл-кеңес.* **4.** *Жоспар, жоба, үлгі.* **5.** *Бағыт-бағдар, рет, ыңғай.*
**ЖӨН-ЖОРА** зат. сөйл. ***Жөн-жоба***.
**ЖӨН-ЖОРАЛҒЫ** зат. *Ғұрыпқа байланысты қалыптасқан әдет-ғұрып, дағды.*
**ЖӨН-ЖОРЫҚ** зат. *Істелетін іс-әрекеттің, тірлік-тіршіліктің бағыт-барысын дұрыс бағдарлап, әдіс-тетігін түсіндіріп, көрсетілетін үлгі-өнеге, тағылым.*
**ЖӨН-ЖОРЫҚСЫЗ** сын. *Жөнсіз, орынсыз, ыңғайсыз.*
**ЖӨН-ЖОСПАР** зат. *Істің жөн-жосығы, мән-жайы, жай-жапсары.*
**ЖӨН-ЖОСЫҚ** зат. **1.** *Әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоба.* **2.** *Істің мән-жайы, жай-жапсары.* **3.** *Бір нәрсенің реті, ыңғайы, тәртібі.* **4.** *Бағыт-бағдар, үлгі-өнеге.* **5.** ауыс. *Кескін-кейіп, тұр-тұлға, келбет.*
**ЖӨН-ЖОСЫҚСЫЗ** сын. *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.* **2.** *Бағыт-бағдарсыз.*
**ЖӨН-ЖОСЫН** зат. ***Жөн-жосық.***
**ЖӨН-ЖӨН** мод. *Дұрыс-дұрыс, орынды, қисынды.*
**ЖӨН-ЖӨНІМЕН** үст. *Жай-жайымен, бет-бетімен, өзді-өзімен.*
**ЖӨН-ЖӨНІНЕ** үст. *Беталдына, жан-жаққа.*
**ЖӨНСАЛ** сын. жерг. *Селсоқ.*
**ЖӨНСЕУ** зат. *Қарапайым, жұпыны.*
**ЖӨНСУ** сын. жерг. ***Жөнсеу.***
**ЖӨНСІЗ** сын. *Орынсыз, қисынсыз, ретсіз. // Тәртіпсіз, әдепсіз адам.*
**Жөнсіз себеп**. пед. *Жұмыстан, сабақтан т.б. қалу немесе кешігу себебінің негізсіз, орынсыз болуы*
**ЖӨНСІЗДЕУ** үст. *Орынсыздау, қисынсыздау, оғаштау.*
**ЖӨНСІЗДІК** зат. **1.** *Орынсыз іс, теріс қылық; оғаштық.* **2.** *Тәртіпсіздік, әдепсіздік, жүгенсіздік.*
**ЖӨНСІЗДІК** зат. *Тәрбиедегі, тәртіптегі ыңғайсыздық, қисынсыздық.*
**ЖӨНТЕК** сын. жерг. *Қарапайым, жұпыны; жөнсеу.*
**ЖӨНТЕКСІ=** ет. *Көнбегенсу, өзінше ырық бермегенсу.*
**ЖӨНТЕМ** сын. жерг. *Жүдеу, азыңқы.*
**ЖӨНТІГУ** *Жөнтік етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨНТІК=** ет. жерг. *Көндігу, үйрену, бастығу.*
**ЖӨНШІЛ** сын. *Оң солын білетін, жөні түзу.*
**ЖӨНІК=** ет. *Дұрыс жолға түсу, жөнделу, түзелу.*
**ЖӨНІНДЕ** шыл. *Жайында, турасында, туралы.*
**ЖӨНІНДЕГІ** сын. **1.** *Жайындағы, туралы.* **2.** жерг. *Жүрген жеріндегі, жолындағы.*
**ЖӨҢ** зат. *Асыл тұқымды үлек пен асыл нардан туған буданның екінші ұрпағы.*
**ЖӨҢБАЙ** зат. сөйл. *Жөңнің ақта етілмеген бурасы.*
**ЖӨҢКЕРІЛ=** ет. **1.** *Семіз, толық адамның ырғатыла, теңселе қозғалуы.* **2.** *Жоталанып көлбей жату (тау, тас туралы).* **3.** ауыс. *Жөңку, жосу; қопарылу.*
**ЖӨҢКЕРІЛУ** *Жөңкеріл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКУ** *Жөңкі етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІ=** ет. **1.** *Қопарыла көшу, жосу, жүйтку.* **2.** *Толқу, жайылу.*
**ЖӨҢКІЛ=** ет. *Қопарыла, үдере көшу.*
**ЖӨҢКІЛДІР=** ет. *Қопару.*
**ЖӨҢКІЛДІРУ** *Жөңкілдір етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІЛТ=** ет. *Үдеру, қопару.*
**ЖӨҢКІЛТУ** *Жөңкілт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІЛУ** *Жөңкіл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІЛІС** зат. *Шұбырыс, жосылыс, қозғалыс.*
**ЖӨҢКІЛІСУ** *Жөңкіліс етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІРІЛ=** ет. сөйл. ***Жөңкеріл***.
**ЖӨҢКІРІЛУ** *Жөңкіріл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІТ=** ет. *Үдеру, жосыту.*
**ЖӨҢКІТУ** *Жөңкіт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢКІТІЛ=** ет. *Жосытылу, үдеріту.*
**ЖӨҢКІТІЛУ** *Жөңкітіл етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨҢШЕҢ** сын. *Жоқ күйінде, жоқ қалпында.*
**ЖӨПЕЛДЕМДЕ** үст. сөйл. ***Жөпелдемеде***.
**ЖӨПЕЛДЕМЕ** үст. *Табан астында, тез арада, жылдам.*
**ЖӨПЕЛДЕМЕДЕ** үст. сөйл. *Табан астында, кенеттен, асығыста, тез арада.*
**ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТ=** ет. *Жылдамдату, жеделдету, тездету.*
**ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТУ** *Жөпелдемелет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨПЕЛДЕТ=** ет. сөйл. ***Жөпелдемелет***.
**ЖӨПЕЛДЕТУ** *Жөпелдет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨП-ЖӨНДІ** сын. *Жап-жақсы, әжептәуір, тәп-тәуір, оңды, жөні дұрыс.*
**ЖӨППЕЛДЕМЕДЕ** үст. сөйл. ***Жөпелдемеде***.
**ЖӨПТЕ=** ет. жерг. *Құптау, мақұлдау, қолдау.*
**ЖӨПТЕУ** *Жөпте етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨПШЕНДІ** сын. *Анау-мынау, жеңіл-желпі; жөбішенді.*
**ЖӨПШЕНДІЛІКПЕН** үст. *Оңайшылықпен, еш қиындықсыз, жан қинамай-ақ.*
**ЖӨПШЕҢДЕ** үст. *Аз уақытта, тез арада, оп-оңай.*
**Жөпшенді боран.** *Әжептәуір, кәдімгі боран.*
**ЖӨПІЛДЕ=** ет. жерг. *Жалпылдау, желпілдеу, далақтау.*
**ЖӨРГЕ=** ет. сөйл. ***Жөрме.***
**Жөргеп тігу**. *Матаны сирек тігу, жөрмеу.*
**ЖӨРГЕК** зат. **1.** *Жас нәрестені бөлеп орайтын, талдырып басылған жұқа төсеніш немесе арасына мақта салып сырылған көрпеше.* **2.** ауыс. *Сәби, балаң, жас кез.*
**ЖӨРГЕКПҰЛ** зат. қоғ-әлеум. *Ерекше әлеуметтік қамқорлықтағы топ ретінде жаңа босанған аналарға мемлекет тарапынан нәрестесі үшін берілетін бірреттік төлемақы.*
**ЖӨРГЕКТЕ=** ет. *Жас сәбиді жаялыққа орау, құндақтау.*
**Жөргекте қағынған.** *Жастайынан бұзылған.*
**ЖӨРГЕКТЕЛ=** ет. *Жөргекке оралу, құндақталу.*
**ЖӨРГЕКТЕЛУ** *Жөргектел етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРГЕКТЕУ** *Жөргекте етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРГЕМ**[1] зат. **1.** *Будақтап өрілген ішек.* **2.** *Жалғыз таспадан өрілген өрімнің ең оңай, қарапайым түрі.* **3.** *Түлеген малдың бұтабұтаның басын іліп қалған түгі.* **4.** ауыс. көне. *Пайда, олжа.*
**ЖӨРГЕМ**[2] зат. *Қой ішегінен жасалған тағам.*
**ЖӨРГЕМДЕ=** ет. **1.** *Жуып, тазартқан ішекті будақтап өру.* **2.** *Сирек-сирек етіп, андыздап тігу, тоқу, бекіту, жөрмеу.*
**ЖӨРГЕМДЕЙ** сын. *Бір тұтам ішектей қысқа.*
**ЖӨРГЕМДЕЛ=** ет. *Будақтала өрілу.*
**ЖӨРГЕМДЕЛУ** *Жөргемдел етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРГЕМДЕУ** *Жөргемде етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРЕМЕЛДЕТ=** ет. *Тездету; жөпелдемелету, жеделдету.*
**ЖӨРЕМЕЛДЕТУ** *Жөремелдет етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРМЕ=** ет. қолөнер. *Арасын сирек етіп, андыздата тігу.*
**ЖӨРМЕЛ=** ет. *Сирете, андыздата тігілу.*
**ЖӨРМЕЛЕ=** ет. жерг. **1.** *Өрмелеу, жорғалау.* **2.** *Әдемілеу, әсемдеп сәндеу, өрнектеу.*
**ЖӨРМЕЛЕУ** *Жөрмеле етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРМЕЛУ** *Жөрмел етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨРМЕУ** *Жөрме етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨТЕЛ** зат. *Тыныс жолдары қабынғанда пайда болатын ауру; тұмау.*
**ЖӨТЕЛ=** ет. **1.** *Тыныс жолы қабынып күркілдеу, тұмау тию.* **2.** *Сәл дыбыс шығарып, тамақты кенеп жөткіріну.*
**ЖӨТЕЛГІШ** сын. *Жөтеле беретін, күркілдек.*
**ЖӨТЕЛДІР=** ет. *Жөтелгізу.*
**ЖӨТЕЛДІРУ** *Жөтелдір етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨТЕЛСІЗ** сын. *Жөтелі жоқ, жөтелмейтін.*
**ЖӨТЕЛТ=** ет. *Жөтелдіру.*
**ЖӨТЕЛТУ** *Жөтелт етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨТЕЛУ** *Жөтел етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨТЕЛШАЙ** зат. өс. < лат. betonica> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ЖӨТЕЛІС** зат. *Үсті-үстіне, дүркін-дүркін болатын жөтел.*
**ЖӨТКІР=** ет. *Тамақты кенеп дыбыс шығару, жөтелу.*
**ЖӨТКІРУ** *Жөткір етістігінің қимыл атауы.*
**ЖӨТКІРІК** зат. *Жөтел, жөтеліс.*
**ЖӨТКІРІН=** ет. *Тамағын кенеп, қырнап, жөтеліңкіреу.*

**ЖӨТКІРІНУ** *Жөткірін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖӨШ**: **жөш көңіл.** *Ақ ниет, адал көңіл.*

**Жөш ұрды**. *Көңілі көтерілді, қуанды.*

**ЖӨШІН** зат. сөйл. ***Жосын.***

**ЖУ=** ет. **1.** *Бір заттың кірін сумен шайып кетіру, тазарту.* **2.** этн. *Өлген адамның денесін жерлеу алдында жуу.* **3.** ауыс. *Жаңадан сатып алған затты немесе қуанышты хабарды, жақсылықты атап өту.*

**Жуып шайды.** *Еш жаманат келтірмей ақтады, өзіне де, басқаға да сөз келтірмеді.*

**ЖУА** зат. өс. <лат. allium> **1.** *Далада өсетін жабайы пияз.* **2.** бот. *Лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ЖУАДАЙ** сын. *Жуа сияқты, жуа тәрізді.*

**Жуадай солғыр**. қарғ. *Қыршыныңнан қиылғыр, жетпей желкең үзілгір.*

**ЖУАЗ** көне. *Сүттен май айыратын сайман, құрал.*

**ЖУАЛА=** ет. *Жуа қосу, жуа салу.*

**ЖУАЛДЫЗ** зат. *Үлкен қанар, бағар және қаптың аузын тігетін темірден, ағаштан не сүйектен жасалған жуан ине, тебен.*

**ЖУАЛЫ** сын. *Жуасы бар, жуа салынған.*

**ЖУАН**[1] сын. **1.** *Ені, көлденеңі жағынан үлкен, толық, жұмыр.* **2.** *Толық, етті-жеңді; семіз.* // *Мықты, азулы, күшті адам.*

**Жуан ата**. *Мықты, күшті; үстем тап ұрпағы, тұқымы.* **Жуан ауыл**. *Мықты, азулы, күшті адамдардың ауылы.* **Жуан буын.** лингв. *Құрамындағы дауысты дыбыс жуан болып келген буын.* **Жуан дауыс.** *Мықты, зор, күжілдеген дауыс.* **Жуан дауыстылар.** лингв. *Тілдің, таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылып, бүктеліңкіреуінен пайда болатын дыбыстар.* **Жуан елі.** *Бармақ елі; қалыңдығы бармақтың еніндей жуан, қалың.* **Жуан еріндік дыбыстар.** лингв. *Тілдің төмен қалпымен ерін қатысуымен жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыстар.* **Жуан жұдырық**. *Зорлықшыл, озбыр, үстем тап өкілі.* **Жуан ине.** *Үй тұрмысында қолданылатын қалың матадан жасалған заттар мен тері бұйымдарын т.б. өңдеуге арналған қалың ине.* **Жуан қарын.** *Қарны үлкен, күбідей.* **Жуан қоныш.** *Ауқатты, әлді.* **Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген шағы [кезі, мезгілі].** *Қысқа жиналған азық-түліктің таусылып, адамдардың да, малдың да жүдеулеу тартқан уақыты; көктем мезгілі.* **Жуан өркеш.** түйе шар. *Семірген түйенің өркеші түбінен жуандап, қомдана келген, өте майлы үлкен өркеш.* **Жуан ортасында**. *Арасында, ішінде; дәл ортасында.* **Жуан сауыр.** *Басқаларды қанайтын өктем адам.* **Жуан сіңір**. *Шаруаға, іске мықты, берік.* **Жуан торы.** *Жұмысқа әбден ысылған, көнбіс ат.* **Жуан тұғыр**. *Жүріске шыдамды, мініске бекем (ат).* **Жуан шықты**. *Мықты, зор болды. Жуан [қалың] ортасы. Бел ортасы, нағыз іші.*

**ЖУАН**= ет. сөйл. ***Жұбан.***

**ЖУАНДА**= ет. **1.** *Бір нәрсенің көлемінің я енінің ұлғаюы, қалыңдауы.* **2.** *Толыса түсу, толу, семіру.* **3.** ауыс. *Мықты, ірі болу, күшею.*

**ЖУАНДАЛ**= ет. *Күшею, ірілену.*

**ЖУАНДАЛУ** *Жуандал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНДАН**= ет. *Тасып-толу, асқақтау.*

**ЖУАНДАНУ** *Жуандан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНДАТ**[1]= ет. *Қалыңдату.*

**ЖУАНДАТ**[2]= ет. *Дауысты күшейту, күжілдету.*

**ЖУАНДАТУ** *Жуандат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНДАУ**[1] сын. *Жуанырақ, толықтау.*

**ЖУАНДАУ**[2] *Жуанда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНДЫ-ЖІҢІШКЕЛІ** сын. *Жуаны мен жіңішкесі аралас, әр тектес.*

**ЖУАНДЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір заттың не дененің толықтығы, семіздігі, көлемділігі.* **2.** ауыс. *Содырлық, озбырлық; мықтылық, күштілік.*

**Жуандық қылды.** *Басынды, қорлады.*

**ЖУАН-ЖІҢІШКЕ** сын. *Жуан және жіңішке.*

**ЖУАН-ЖІҢІШКЕЛІК** зат. *Жуандығы немесе жіңішкелігі.*

**ЖУАН-СОДЫР** зат. *Жуан-таяқ, содыр-сотқар.*

**ЖУАНСУ** *Жуансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНСЫ=** ет. *Мықтысыну, күштісіну.*

**ЖУАНТАМЫР** зат. өс. <лат. rindera> *Айлауық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖУАНТАМЫРЛЫ: жуантамырлы сарышешек.** өс. <лат. rhammatophyllum pachyrhisum> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік сарышешектің Қазақстанда кездесін бір түрі.*

**ЖУАНТАЯҚ** сын. *Мықты, зор, батыл.*

**ЖУАНТЫҚ** сын. **1.** *Жуандау, жуанырақ.* **2.** *Жуандау келген, толықша, дембелше, төртбақ.*

**Жуантық денелі.** *Толық, кесек.*

**ЖУАНТЫҚТАН=** ет. *Жуандану, жуан тарту, күмпию, қампию.*

**ЖУАНТЫҚТАНУ** *Жуантықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНТЫҚТАУ** сын. *Жуанша келген, толықтау.*

**ЖУАНУ** *Жуан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНЫМСУ** *Жуанымсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАНЫМСЫ**= ет. сөйл. *Мықтымсыну, жуансу, күштісіну.*

**ЖУАНЫРАҚ** сын. *Сәл жуандау.*

**ЖУАР-ЖУМАСТАН** үст. *Жуып болмастан; шала жуып.*

**ЖУАРМЕК** зат. сөйл. ***Жүгермек.***

**ЖУАС** сын. **1.** *Момын, момақан.* **2.** *Үйретілген, көндіккен, бас білген (мал).*

**Жуас қымыз.** *Үстіне саумал қосып жұмсартылған қымыз.* **Жуас түйе жүндеуге жақсы.** *Көнбіс, момын адамға қатысты айтылады.*

**ЖУАС-ҚОҢЫР** сын. *Моп-момақан, момын.*

**ЖУАССЫН=** ет. *Момақансу, моп-момақан болғансу, жуас көріну.*

**ЖУАССЫНУ** *Жуассын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАСТАУ** сын. **1.** *Момындау, жібі бостау.* **2.** *Аздап бас білетін, жуасырақ.* **3.** ауыс. *Сәл басыңқы, солғындау.*

**ЖУАСТЫҚ** зат. **1.** *Момындық, момақандық.* **2.** *Жасықтық, ынжықтық, көнбістік.* **3.** *Бас білетіндік, үйретілгендік.*

**ЖУАСУ** *Жуас етістігінің қимыл атауы; басылу.*

**ЖУАСЫ=** ет. **1.** *Моп-момақан болу, момындану, басылу.* **2.** *Бастығу, көндігу, үйретілу.* **3.** ауыс. *Ашуы басылу, райынан қайту.*

**ЖУАСЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Момын болыңқырау, жасықтаныңқырау.* **2.** *Басылыңқырау, тынышталыңқырау.*

**ЖУАСЫҢҚЫРАУ** *Жуасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУАСЫРАҚ** сын. *Момынырақ, момақандау.*

**ЖУАСЫТ=** ет. **1.** *Бастығу, үйретілу.* **2.** *Басу, көндіктіру.*

**ЖУАСЫТУ** *Жуасыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бастығу, үйрету.* **2.** *Басу, көндіктіру.*

**ЖУАТ=** ет. сөйл. ***Жұбат.***

**ЖУАТУ** *Жуат етістігінің қимыл атауы.*

**Жуату айтты**. *Көңілді аулап, басу айтты.*

**ЖУАШЫҚ** зат. бот. *Шөп тектес өсімдіктердің түбіндегі түйнегі, баданасы.*

**ЖУАШЫҚТЫ** сын. *Жуашығы бар баданалы, түйнекті.*

**ЖУҒАРАҚПАНДА** үст. сөйл. *Тез арада, жуық арада, оңайшылықпен.*

**ЖУҒЫ** зат. *Қылдан яки кендірден жасалған ыдыс жуғыш.*

**ЖУҒЫЗ**= ет. *Жудыру.*

**ЖУҒЫЗУ** *Жуғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУҒЫШ** зат. **1.** *Киім, зат т.б. жуушы.* **2.** *Беті-қол жуу үшін ішіне су құйып қойған аспалы ыдыс.* **3.** *Ыдыс-аяқ, қазанды жуатын қалың матадан істелген жуғы.*

**ЖУДЫР=** ет. *Жуғызу, тазарту.*

**ЖУДЫРТ=** ет. *Жуғызу, тазалаттыру.*

**ЖУДЫРТУ** *Жудырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУДЫРУ** *Жудыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЛАН** зат. *Еті адал, түзу тұмсық қыр құсы.*

**ЖУМАҚ** зат. *Жалпы жиыны, көлемі, аумағы.*

**ЖУМАҚТА=** ет. *Жинақтау, жию, бір жерге топтау.*

**ЖУМАҚТЫ** сын. *Жинақты, жиылыңқы.*

**ЖУРНАЛ** [ағыл. journal] зат. **1.** *Айына немесе екі айда бір рет шығып тұратын мерзімді басылым.* **2.** *Белгілі бір мәліметтерді, қаулы-қарарларды және мектеп оқушыларының үлгерімін, сабаққа қатысуын белгілеп отыратын кітапша немесе дәптер.*

**ЖУРНАЛ-ОРДЕР** экон. *Операциялардың хронологиялық тіркелімі жинақтамалы есеп және жекелеген реттерде талдамалы есеп түрінде жасалатын есеп тізілімі.*

**ЖУРНАЛ-ОРДЕРЛІК** экон. *Журнал-ордерге тән, қатысты.*

**Журнал-ордерлік есеп нысаны**. экон. *Шаруашылық операциялар туралы бастапқы құжаттардың деректерін жинақтау үшін жинақтаушы журнал-ордерлерді және әзірлемелік қосымша кестелерді пайдалануға негізделген бухгалтерлік есеп жүйесі.*

**ЖУРНАЛИСТ** зат. *Журналистикамен шұғылданушы маман.*

**ЖУРНАЛИСТИКА** [нем. Journalistik] зат. **1.** *Баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтар мен оқиғалар, әртүрлі құбылыстар жөнінде жұртшылыққа мағлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын әдеби-шығармашылық қызмет түрі.* **2.** *Белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жиынтығы.* **3.** *Баспасөз тарихын, теориясы мен тәжірибесін зерттейтін ғылым саласы.*

**ЖУРНАЛИСТИКАЛЫҚ** сын. *Журналистикаға тән, журналистикаға қатысты.*

**ЖУРНАЛИСТІК** сын. *Журналиске тән, журналиске қатысты.*

**ЖУСА=** ет. **1.** *Малдың әбден тойғанда, от оттамай, тыныстап, күйіс қайтармай жатуы.* **2.** ауыс. *Жаппай қирау, қырылу.*

**Жусаған қойдай.** *Тырайып, тырп етпей.*

**ЖУСАН** зат. өс. **1.** *Ащы дәмді, көкшілбозғылт түсті аласа өсетін шөп.* **2.** <лат. artemisia> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер не шала бұта.*

**Жусан жеген мал.** *Қырдың ащы отынан бас көтермей жайылған қой-ешкі.*

**ЖУСАНДЫ** сын. *Жусаны мол шығатын, жусаны қалың.*

**Жусанды дала.** *Жусаны көп өскен кең жазық жер.*

**ЖУСАНДЫ-БЕТЕГЕЛІ** сын. *Жусан мен бетеге аралас, қалың өскен.*

**ЖУСАНДЫҚ** зат. *Жусан мол өсетін жер.*

**ЖУСАҢҚЫРА=** ет. *Жусап жата түсу.*

**ЖУСАҢҚЫРАУ** *Жусаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУСАТ=** ет. **1.** *Босату, қоя беру.* **2.** ауыс. *Қыру, қирату.*

**ЖУСАТУ** *Жусат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУСАТЫЛ=** ет. *Малды жусауға жіберу.*

**ЖУСАТЫЛУ** *Жусатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУСАУ** *Жуса етістігінің қимыл атауы; тыныстап, күйіс қайтармай жату.*

**ЖУУ**[1] *Жу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Суға шайып, кірін кетіру, тазарту.* **2.** сөйл. *Жаңа нәрсені, ие болған олжаны дастарқан жасап, атап өту.*

**ЖУУ**[2] *Жу етістігінің қимыл атауы; жақындау, жақын келу, жақын жүру.*

**ЖУУЛЫ** сын. *Жуылған, тазартылған, кірі кеткен.* .

**ЖУУСЫЗ** сын. *Тазартылмаған, кірі кетпеген, жуылып-шайылмаған. // Жуылмаған күйде, жуылмаса да.*

**ЖУУШЫ** зат. *Ыдыс-аяқтың, кір киімнің т.б. кірін кетіруші, тазартушы.*

**ЖУЫ=** ет. *Маңайына, қасына жақын келу, жуықтау, жолау.*

**ЖУЫҒЫРАҚ** сын. *Жақынырақ, жуықтау.*

**ЖУЫҒЫРАҚТА** үст. *Жуық арада, жақында.*

**ЖУЫҚ** үст. **1.** *Жақын, таяу, тарта.* **2.** *Шамалас, тарта.*

**Жуық арада.** *Таяуда, жақын уақта.* **Жуық маңда**. *Жақында, тез арада.*

**ЖУЫҚПАНДА** үст. сөйл. *Жақын аралықта, жуықта.*

**ЖУЫҚТА** үст. *Жақын арада, таяуда, таяу уақытта.*

**ЖУЫҚТА=** ет. *Жуық келу, жақындау.*

**ЖУЫҚТАҒЫШ** сын. *Жуық келгіш, үйірсек.*

**ЖУЫҚТАС=** ет. *Жақындасу, жуық келу, шендесу.*

**ЖУЫҚТАСТЫҚ** зат. *Жақындасқандық, жақын жүргендік.*

**ЖУЫҚТАТ=** ет. *Жақындату, маңайлату.*

**ЖУЫҚТАТУ** *Жуықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫҚТАТЫЛ=** ет. *Жақындатылу.*

**ЖУЫҚТАТЫЛУ** *Жуықтатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫҚТАУ**[1] сын. *Жақындау, таяулау.*

**ЖУЫҚТАУ**[2] *Жуықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫҚТЫҚ** зат. *Жақындық, таяу тұрғандық.*

**ЖУЫЛ=** ет. **1.** *Тазалану, су болу.* **2.** *Өшу, жоқ болу.*

**ЖУЫЛУ** *Жуыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫЛУЛЫ** сын. *Тазартылған, жуылған.*

**ЖУЫН=** ет. *Тазалану, суға түсу. // Тазаланған, суға түскен адам.*

**ЖУЫНҒЫШ** зат. *Беті-қол жуу үшін ішіне су құйып қоятын ыдыс.*

**ЖУЫНДЫ** зат. *Ыдыс-аяқты жуғаннан кейінгі шайынды.*

**ЖУЫНДЫР=** ет. *Тазалату, суға түсіру.*

**ЖУЫНДЫРУ** *Жуындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫНУ** *Жуын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫНЫП-ТАРАН=** ет. *Жуынып-шайыну, тазалану, тарану.*

**ЖУЫНЫП-ТАРАНУ** *Жуынып-таран етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫНЫП-ШАЙЫН=** ет. *Беті-қолын, үсті-басын жуу, тазару.*

**ЖУЫНЫП-ШАЙЫНУ** *Жуынып-шайын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖУЫП-ШАЙ=** ет. **1.** *Жуу, тазарту.* **2.** ауыс. *Кінәні, сөзді жұмсарту, жеңілдету.*

**Жуып-шайып жіберді.** *Ештеңе болмағандай қылды.*

**ЖУЫР**: **жуыр арада**. *Жақында, жуырда, таяу уақытта.*

**Жуыр маңда**. *Жақын арада, жуырда, тез.*

**ЖУЫРДА** үст. *Жақында, таяуда, жуықта.*

**ЖУЫРҚАН** зат. жерг. *Астыға салатын көрпе, мақта төсеніш.*

**ЖУЫРҚАНША** үст. *Көрпе құсап, жуырқан тәрізді.*

**ЖУЫС**[1]**=** ет. **1.** *Жақындасу, жуықтасу, жанасу.* **2.** *Қиылысу, қабысу, қосылысу.* **3.** *Ілігу, икемге келу.*

**ЖУЫС**[2]**=** ет. *Жууға жәрдемдесу, көмектесу.*

**ЖУЫСТЫР=** ет. **1.** *Жақындастыру, табыстыру.* **2.** *Байланыстыру, қиыстыру.*

**ЖУЫСТЫРУ** *Жуыстыр етістігінің қимыл атауы*

**ЖУЫСУ** *Жуыс етістігінің қимыл атауы; жақындау, жуу.*

**ЖУЫСЫҢҚЫ** сын. лингв. *Сөйлеу мүшелерінің тоғысуынан емес, жуысуынан болған, жуысқан (дауыссыз дыбыс).*

**ЖУЫТ=** ет. *Жанына, қасына жақындату, жақын жіберу, жолату, шендету.*

**ЖУЫТУ** *Жуыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБА=** ет. *Жұбану, көңілін аулау.*

**ЖҰБАБХАНА** зат. көне. *Оңаша сөйлесетін орын, үй.*

**ЖҰБАЙ** зат. *Ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне жақындығын білдіретін туыстық атау. Көбінесе, әйелдерге қатысты айтылады.*

**ЖҰБАЙЛАН=** ет. *Жұптасу, қосақтасу.*

**ЖҰБАЙЛАНУ** *Жұбайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАЙЛАС** зат. ***Жұбай***.

**ЖҰБАЙЛАС=** ет. **1.** *Қосылу, қосақтасу.* **2.** *Қабаттасу, қатарласу.*

**ЖҰБАЙЛАСУ** *Жұбайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАЙЛЫ** сын. *Ерлі-зайыпты, үйлі-жайлы.*

**ЖҰБАЙЛЫҚ** зат. *Ерлі-зайыпты боп бас қосқандық, некелескендік.*

**Жұбайлық неке.** *Сүйісіп қосылған, жұптасқан неке.*

**ЖҰБАН** зат. *Орта жастан асқан әйел.*

**ЖҰБАН=** ет. **1.** *Жылағанды қойып уану, жуану.* **2.** ауыс. *Көңілі орнығу, алданыш ету.*

**ЖҰБАНАРЛЫҚ** зат. *Жұбаныш боларлық, көңіл толарлық.*

**ЖҰБАНҒАНСУ** *Жұбанғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАНҒАНСЫ=** ет. *Уанғансу, жұбанған болғансу.*

**ЖҰБАНҒЫШ** сын. *Тез жуанатын, уанғыш.*

**ЖҰБАНДЫР=** ет. *Уандыру, жұбату.*

**ЖҰБАНДЫРУ** *Жұбандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАНТ=** ет. *Жұбандыру, уату.*

**ЖҰБАНТУ** *Жұбант етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАНУ** *Жұбан етістігінің қимыл атауы, көңілі орнығу.*

**ЖҰБАНЫС=** ет. *Жылағанын қою, уаныс.*

**ЖҰБАНЫШ** зат. **1.** *Көңілге сүйеніш, алданыш, медет.* **2.** *Көңіл көтерер қуаныш, ермек.* **3.** *Басу, жоқтау.*

**ЖҰБАНЫШТЫ** сын. *Көңілге медет тұтатын, медет боларлық, қуанышты.*

**ЖҰБАП** зат. сөйл. ***Жауап***.

**ЖҰБАПТАС=** ет. сөйл. ***Жауаптас***.

**ЖҰБАПТАСУ** *Жұбаптас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАТ=** ет. **1.** *Жылаған баланы уату, қайғырған адамның көңілін аулау.* **2.** этн. *Азалы адамға көңіл айту рәсімі; тұрмыс-салт жырларының бір түрі.*

**ЖҰБАТАРЛЫҚ** сын. *Уататындай, көңіліне дем берерліктей, медет боларлық.*

**ЖҰБАТҚАНСУ** *Жұбатқансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАТҚАНСЫ=** ет. *Уатқансу, көңілін аулағансу.*

**ЖҰБАТҚЫШ** сын. *Көңіл аулағыш, жуата бергіш.*

**ЖҰБАТУ** *Жұбат етістігінің қимыл атауы; уату, көңілін аулау.*

**ЖҰБАТУШЫ** зат. *Уатушы, көңіл-күйді жуататын жан.*

**ЖҰБАТЫС=** ет. *Көңілін аулатысу, уатысу.*

**ЖҰБАТЫСУ** *Жұбатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАУ**[1] сын. жерг. *Жүдеу, жадау.*

**ЖҰБАУ**[2] сын. *Ақырын, жай, баяу.*

**ЖҰБАУ**[3] *Жұба етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰБАУЛАУ** сын. жерг. *Жадаулау, жүдеулеу.*

**ЖҰБАУРАТ=** ет. *Жұбату айту, көңілін көтеріңкірей сөйлеу, алдаусырату.*

**ЖҰБАУРАТУ** *Жұбаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҒУ** *Жұқ етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҒЫ** зат. этн. *Қылдан немесе кендірден жасалған ыдыс жуғыш.*

**ЖҰҒЫМ** зат. **1.** *Астың, тағамның, не мал жейтін шөптің құнарлылығы, нәрлілігі.* **2.** сөйл. *Ыдыстың түбіндегі жұқпа қалдық; жұғын.* **Жұғымы бар**. *Икемді, епті, қыры бар.* **Жұғымы [кісіге, адамға жұғымы] жоқ**. *Сүйкімсіз, епсіз; кісімен қарым-қатынасы шамалы, жұғымсыз.*

**ЖҰҒЫМДЫ** сын. **1.** *Сіңімді, нәрлі, құнарлы.* **2.** *Жұққыш, сіңгіш (бояу, күйе, шаң).* **3.** ауыс. *Жағымды, сүйкімді, ұнамды.*

**ЖҰҒЫМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Сіңімділік, нәрлілік, қоректілік.* **2.** ауыс. *Жағымдылық, ұнамдылық, сүйкімділік.*

**ЖҰҒЫМДЫРАҚ** сын. *Сіңімдірек, нәрлірек.*

**ЖҰҒЫМПАЗ** сын. **1.** *Жұқпалы, жұққыш.* **2.** ауыс. *Жанасымпаз, үйірсек.*

**ЖҰҒЫМСЫЗ** сын. **1.** *Жұғымы аз, нәрсіз, құнарсыз.* **2.** ауыс. *Бірден жұғысып, араласып кете қоймайтын, сіңімсіз.* **3.** ауыс. *Жағымсыз, сүйкімсіз, ұнамсыз.*

**ЖҰҒЫМСЫЗДАУ** сын. *Бірден жұғысып кете қоймайтын, жағымсыздау, сүйықтау.*

**ЖҰҒЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Жағымсыздық, тиянақсыздық, ұнамсыздық.*

**ЖҰҒЫМТАЛ** сын. **1.** *Жұғымды, сіңімді, нәрлі, құнарлы.* **2.** *Жұққыш, тез тарағыш (ауру, кесел).* **3.** ауыс. *Жағымды, үйірсек, ұнамды.*

**ЖҰҒЫМТАЛДЫҚ** сын. **1.** *Жұғымдылық, құнарлылық, сіңімділік.* **2.** *Жұққыштық, жабысқыштық.*

**ЖҰҒЫН** зат. **1.** *Тамақтың немесе басқа заттың ыдыста жұғып қалған жұғындысы, қалдығы.* **2.** *Қалдық, дақ.* **3.** ауыс. *Із-түз, жұрнақ, ізбасар, белгі.*

**Жұғын болмады [болған жоқ, бола ма]**. *Жұқ болмады, жетпеді.* **Жұғын [жұқ] болмады**. *Түкке жетпеді, мардымсыз болды.*

**ЖҰҒЫНДЫ** зат. **1.** *Тамақтың ыдыста қалған-құтқаны.* **2.** ауыс. *Жұрнақ, сарқыншақ, қалдық.*

**ЖҰҒЫН-ЖҰРНАҚ** зат. *Қалдық, сарқыншақ.*

**ЖҰҒЫС=** ет. **1.** *Жақындасу, жанасу, араласу.* **2.** *Біреуден біреуге ауысу, бірден-бірге көшу.* **3.** ауыс. *Соқтығысу, ұрыну, килігу.*

**ЖҰҒЫСҚЫШ** сын. *Жақындасқыш, жанасқыш.*

**ЖҰҒЫСТЫ** сын. **1.** *Жұғымпаз, жұққыш, кесапатты.* **2.** *Жағымды, қонымды.*

**Жұғысты ету**. *Біреуден біреуге көшіру, сіңіру.*

**ЖҰҒЫСТЫР**= ет. *Жақындату, жанастыру.*

**ЖҰҒЫСТЫРУ** *Жұғыстыр етістігінің қимыл атауы; байланыстыру, тіл табыстыру.*

**ЖҰҒЫСУ** *Жұғыс етістігінің қимыл атауы; жақындасу, жанасу, байланысу.*

**ЖҰДА**[1] [ир. جدا] үст. *Құралақан, жұрдай.* **Жұда болды**. *Жұрдай болды, құралақан қалды.* **Жұда қылды**. *Жұрдай етті, құралақан қалдырды.*

**ЖҰДА**[2] үст. жерг. ***Жұдә*** *(аса, тым, өте).*

**ЖҰДАЛЫ** зат. көне. *Елдің беделді, бетке ұстар адамдары.*

**ЖҰДЫРЫҚ** зат. **1.** *Саусақты тегіс бүгіп жұмғандағы қолдың жұмылған басы.* **2.** ауыс. *Тоқпақ, соққы; таяқ.*

**Жұдырық ала жүгірді**. *Ұрмақшы болды; күш көрсетті.* **Жұдырық басындай**. *Жұдырықтың үлкендігіндей, жұдырықтай.* **Жұдырық білесті.** *Дөң-айбат көрсетті, кіжіңдесті.* **Жұдырық жеді**. *Соққыға жығылды, таяқ жеді.* **Жұдырық жұмсады**. *Соқты, ұрды, сабады.* **Жұдырық көрсетті**. *Күш көрсетті, өктемдік жасады.* **Жұдырық түйді.** *Кіжінді, құртпақшы болды, қорқытты.* **Жұдырықтың [ит тепкінің, қамшының] астына алды.** *Аямай төмпештеді, жұдырықтап соқты, аяусыз тепкіледі, қамшымен сабады.*

**ЖҰДЫРЫҚТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені (есікті т. б.) жұдырықпен тоқпақтау, түйгіштеу; тарсылдату.* **2.** *Жұдырықпен ұру, соғу, төмпештеу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАЙ** сын. **1.** *Кіп-кішкентай, құрттай.* **2.** *Үп-үлкен, тоқпақтай.*

**Жұдырықтай бала.** *Кіп-кішкентай бала.* **Жұдырықтай жұмылу.** *Бірігу, бірлесу, ынтымақтасу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАС**= ет. *Бір-біріне қол сілтесіп төбелесу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАСУ**[1] *Жұдырықтас етістігінің қимыл атауы; төбелесу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАСУ**[2] зат. спорт. *Адамзат қауымы дамуының алғашқы сатыларында өте ертеде пайда болған жекпе-жектің түрі.*

**ЖҰДЫРЫҚТАТ**= ет. *Біреуді жұдырықпен соқтырту, сабату, ұрғызу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАТУ** *Жұдырықтат етістігінің қимыл атауы; төбелесу.*

**ЖҰДЫРЫҚТАУ** *Жұдырықта етістігінің қимыл атауы; ұрып-соғу.*

**ЖҰДЫРЫҚША**[1] зат. техн. *Шестерналы айналдыратын вал.*

**ЖҰДЫРЫҚША**[2] үст. *Жұдырық сияқты, жұдырыққа ұқсап.*

**ЖҰҚ**= ет. **1.** *Бір нәрсенің екінші нәрсеге жұғуы, жабысуы.* **2.** *Тамақтың бойға сіңуі, денеге таралуы.* **3.** *Жұқпалы аурудың басқаларға жұғуы, ауысуы.* **4.** ауыс. *Мінез-құлықтың, әдет-дағдының біреуден-біреуге ауысуы, даруы.*

**ЖҰҚ**: **жұқ болмады [жұмырына жұқ болмады].** *Місе тұтпады, тоймады.*

**ЖҰҚА** сын. **1.** *Қабыршықтай.* **2.** *Қалың емес, жеңіл (киім).* **3.** ауыс. *Үлбіреген, нәзік.*

**Жұқа білді**. *Анық-қанығын жете білу.* **Жұқа жапырақты көкбас**. өс. *Биіктігі жарты метрге жуық, көпжылдық, шөптектес өсімдік.* **Жұқа нан**. жерг. а) *Етке салатын нан, жайған қамыр.* ә) *Майға пісірген нан.* б) *Нанды жұқалап жайып, сүтке қайнатып пісірген тағам.* **Жұқа өңді.** *Ашаң, қағылез.* **Жұқа сүргі**. *Ұзынша детальдарды соңғы рет өңдейтін сүргі.*

**ЖҰҚАЛА=** ет. **1.** *Жұқа қалыпқа келтіру.* **2.** ауыс. *Жайлап, ептеп айту, жеткізу.*

**ЖҰҚАЛАЙ-ЖҰҚАЛАЙ** үст. *Ептеп-септеп, ақырындап, ебін тауып.*

**ЖҰҚАЛАН=** ет. *Жұқа қалыпқа келу, жұқару.*

**ЖҰҚАЛАНУ** *Жұқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚАЛАҢ** сын. **1.** *Жұп-жұқа, жұқаша келген, қалың емес.* **2.** ауыс. *Арықша, қағылездеу, нәзіктеу.*

**ЖҰҚАЛАҢДАУ** сын. **1.** *Жұқалау, аздап жұқалаңқы, жұқалаңқырау.* **2.** ауыс. *Ашаңдау, қағілездеу.*

**ЖҰҚАЛАУ**[1] сын. **1.** *Жұқарақ, жұқалаңдау, жұқалтақ.* **2.** ауыс. *Арықша, жұқалаң, ашаң, қағілездеу.*

**ЖҰҚАЛАУ**[2] *Жұқала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚАЛТАЙ** сын. сөйл. ***Жұқалаң***. **1.** *Жұқаша келген, қалың емес.* **2.** *Арықша, қағылездеу.*

**ЖҰҚАЛТАҚ** сын. сөйл. ***Жұқалаң.***

**ЖҰҚАЛТАҢ** сын. сөйл. ***Жұқалаң.***

**ЖҰҚАЛТАҢДАУ** сын. сөйл. ***Жұқалаңдау.***

**ЖҰҚАЛТЫМ** сын. **1.** *Тым жұқа, жұп-жұқа.* **2.** ауыс. *Нәзік, үлбіреген.*

**ЖҰҚАЛЫҚ** зат. **1.** *Қалың еместік, жұқалтаң болушылық.* **2.** ауыс. *Ашаңдық, қағілездік, нәзіктік.*

**ЖҰҚАНА**[1] зат. **1.** *Тұтас үлкен нәрседен қалған қалдық.* **2.** жерг. *Сарқын, қалдық, жұғын.* **3.** ауыс. *Белгі, нышан.*

**ЖҰҚАНА**[2] сын. *Қарапайым, жұпыны, жарлы.*

**ЖҰҚАНАҚ** зат. сөйл. ***Жұқана.***

**ЖҰҚАР=** ет. **1.** *Жұқалану, жұқа қалыпқа түсу.* **2.** ауыс. *Сиреу, азаю, тозу.* **3.** ауыс. *Жүдеу, ару, азу.*

**ЖҰҚАРАҚ** сын. **1.** *Жұқалау келген, жұқалтақ.* **2.** ауыс. *Ашаңдау, қағілездеу.*

**ЖҰҚАРАҚТАН=** ет. *Жұқалаң тарту, жұқару, жұқалтақтану.*

**ЖҰҚАРАҚТАНУ** *Жұқарақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚАРТ**= ет. *Жұқа қалыпқа келтіру.*

**ЖҰҚАРТУ** *Жұқарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұқа қалыпқа келтіру.* **2.** техн. *Сом болатты екі біліктің арасына салып, бірте-бірте жұқартып, оны қажетті қалыпқа келтіру.*

**ЖҰҚАРТУШЫ** зат. тех. *Металлургия өндірісінде технологиялық процестің жұқарту (прокат) түрімен айналысатын маман.*

**ЖҰҚАРУ** *Жұқар етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚАРЫҢҚЫ** сын. *Ашаңдау, нәзіктеу, жұқалаң.*

**ЖҰҚАРЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Жұқалаң тартыңқырау.* **2.** ауыс. *Ашаң тарту.* **3.** ауыс. *Азып-тозу, жүдеп-жадау.*

**ЖҰҚАРЫҢҚЫРАУ** *Жұқарыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚАТАЙ** сын. *Жұқалаң, нәзік, ашаң.*

**ЖҰҚҚЫЗ=** ет. **1.** *Жағып алу (бояу, май т.б.).* **2.** *Жұқпалы аурумен ауыру.*

**ЖҰҚҚЫЗУ** *Жұққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚҚЫШ** сын. *Жұғымпаз, жұғымтал.*

**ЖҰҚҚЫШТЫҚ** зат. *Тез тарағыштық, жұға бергіштік, жұғымпаздық.*

**ЖҰҚПА** зат. жерг. *Қазанға пісірген жұқа нан.*

**ЖҰҚПАЛЫ** сын. *Тез жұғатын, жұққыш, тарағыш.*

**Жұқпалы аурулар**. мед. <лат. inficere>. *Тірі ағзаларға ауру тудырушы микроағзалардың (бактерия, риккетсия, вирус, саңырауқұлақ) енуінен пайда болатын кесел.* **Жұқпалы дерт.** *Ауырған, сырқаттанған адамның түшкірігі сөйлесуі т.б. арқылы жұғатын ауру.*

**ЖҰҚПАС** зат. жерг. **1.** *Құймақ.* **2.** *Май, сүт қосып талқаннан жасалған тамақ.*

**ЖҰҚСЫЗ** сын. **1.** *Жұғымы жоқ, жұғымсыз.* **2.** *Қу, алаяқ.*

**ЖҰҚТЫР=** ет. **1.** *Жағылу.* **2.** *Жұқпалы аурумен ауыру.* **3.** *Дарыту, сіңіру.*

**ЖҰҚТЫРҒЫШ** зат. *Жұқтыра бергіш, тез жұқтыратын.*

**ЖҰҚТЫРУ** *Жұқтыр етістігінің қимыл атауы, тарату, жұққызу.*

**ЖҰҚТЫРУШЫ** зат. *Ауру таратушы.*

**ЖҰҚТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Жағылу, жұғылу.* **2.** *Ауру таратылу.*

**ЖҰҚТЫРЫЛУ** *Жұқтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰҚЫНА** зат. жерг. *Жұғын, сарқыт, қалдық.*

**ЖҰЛ=** ет. **1.** *Бір жерге қадалып тұрған нәрсені орнынан алып тастау, суыру.* **2.** *Құстың (тауық, үйрек т.б.) жүнін терісінен алып тастау, тазалау.* **3.** *Шешіп алу, сыпырып алу.* **4.** ауыс. *Тоз-тозын шығару, ұрып-соғу, талан-таражға салу, түту.*

**Жұлып алғандай.** *Күтпеген жерден, сөзді аяқтар-аяқтамастан, өте тез, шапшаң.* **Жұлып алды**. *Тартып алды.* **Жұлып жеді.** *Зорлық-зомбылық қылды, үстемдік көрсетті.* **Жұлып тастады**. а) *Шешті, сыпырып тастады.* ә) *Орнынан алды, қызметтен босатты.* **Жұлып түсті**. *Ұшырып жіберді, қағып түсті.*

**ЖҰЛА-МҰЛА** үст. *Жұлқи-жұлқи, тарта-тарта, іле-міле.*

**ЖҰЛАРБЕТ** зат. *Астыңғы және үстіңгі иектегі тістің бір-бірімен беттескен қыры.*

**ЖҰЛҒА** зат. сөйл. *Жылға.*

**ЖҰЛҒЫЗ=** ет. *Суырып алғызу, жұлғызу.*

**Шашын жұлғызды**. *Ұрғызды, таяқ жегізді (көбінесе әйел баласына қатысты айтылады).*

**ЖҰЛҒЫЗУ** *Жұлғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҒЫЛА=** ет. *Әрі-бері тартқылау, жұлқылау.*

**ЖҰЛҒЫЛАУ** *Жұлғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҒЫШ** зат. *Басы имек шөп суыратын құрал.*

**ЖҰЛДЫЗ**[1] зат. **1.** *Түнде өздігінен жарқырап, нүктедей болып көрінетін аспан денесі.* **2.** астр. *Өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері.* **3.** көне. *Жылдың он екіден бір бөлігі, ай.* **4.** ауыс. *Маңдайалды, халық қалаулысы, майталманы, шамшырағы.*

**Жұлдыз астрономиясы.** астр. *Астрономияның жұлдыздық жүйелер құрылысының, құрамының, динамикасының және эволюциясының жалпы заңдылықтарын, сондай-ақ сол заңдылықтардың біздің Галактикада қалай орындалатынын зерттейтін бөлімі.* **Жұлдыздар картасы.** астр. *Белгілі бір аймақтан көрінетін аспан бөлігіндегі аспан денелерінің орналасуын көрсетіп беретін карта.* **Жұлдыздар космогониясы.** астрон. *Жұлдыздардың, сондай-ақ жұлдыздық жүйенің пайда болуы әрі эволюциясын зерттейтін астрономия саласы.* **Жұлдыздар каталогы.** астр. *Белгілі бір біртекті сипаттамалары (экваторлық координаттар, жұлдыздық шамалар, спектрлік кластар, т.б.) көрсетілген жұлдыздардың тізімі.* **Жұлдыздар шоғыры.** астр. *Шығу тегі бірдей, жасы мен химиялық құрамы жағынан бір-бірімен қарайлас және өзара тартылыс күші арқылы байланысқан жұлдыздар тобы.* **Жұлдыздың оңы**. *Аспан шырақтарының орналасуының сәті келген уақыты, кезі (байырғы кезде жұлдыздардың орналасуын жұлдызшылар сәтті, сәтсіз деп болжаған).* **Жұлдыз жымды**. поэт. *Жер-көк тым-тырыс, тыныш қалды.* **Жұлдыз тарады**. *Таң қылаң берді, таң ағарды.* **Жұлдыз толды.** жерг. *Ел орынға отырды, кеш болды.* **Жұлдызы ақты.** миф. *Әр адамның жұлдызы бар, жұлдыз ағып*

*түскенде бір адам өмірден өтті деген түсінік.* **Жұлдызы аспандады.** *Бағасы артты, құны жоғарылады.* **Жұлдызы жанды.** *Бақыты жанды, өсті, мәртебесі асты.* **Жұлдызы жарасты.** *Көңіл қосты, келісті, үйлесті.* **Жұлдызы жарқын [жарық].** а) *Өмірі таза, кіршіксіз.* ә) *Мерейі үстем, көңілі ашық.* **Жұлдызы жоғары.** *Бақыты жанған.* **Жұлдызы қарсы.** *Өш, қас; жаны жек көреді.* **Жұлдызы оңынан туды.** *Сәті түсті, жолы болды; ойлаған арманына жетті.* **Жұлдызы сөнді.** *Өлді, дүниеден қайтты.* **Жұлдызы түзелді.** *Ісі, шаруасы оңалды, Құдай оңдады.* **Жұлдызы ұшты.** а) *Өлді, дүниеден қайтты.* ә) *Бақыты тайды.* **Жұлдызы ыстық.** *Кісіні өзіне тартатын қасиетке ие, сүйкімді.*

**ЖҰЛДЫЗ**[2] зат. тар. **1.** *Бес бұрыш (тармақ) етіп жасалған кеңес мемлекетінің айырым белгісі, эмблема.* **2.** ауыс. *Әскери дәрежеге байланысты погонға тағылатын жұлдыз бейнелі белгі.*

**ЖҰЛДЫЗ**[3] зат. зоол. *Үстінде түгі бар құрттың үлкендеу түрі, жұлдызқұрт.*

**ЖҰЛДЫЗАРАЛЫҚ: жұлдызаралық орта.** астр. *Біздің Галактика мен басқа Галактикалардың құрамындағы жұлдыздар арасындағы кеңістікті толтыратын сиретілген зат, жұлдызаралық газ және тозаң бөлшектері.*

**ЖҰЛДЫЗГҮЛ**[1] зат. өс. <лат. filipendula> *Жұлдызға ұқсас гүлі бар өсімдік.*

**ЖҰЛДЫЗГҮЛ**[2] зат. қолөнер. *Зергерлік бұйымдарға салынатын өрнек.*

**ЖҰЛДЫЗДАЙ** сын. **1.** *Жұлдыз сияқты, жұлдыз тәрізді.* **2.** ауыс. *Жарқыраған, айдай сұлу.*

**Жұлдыздай [жұлдызша] ақты.** *Өте жылдам жүрді, жүрісіне көз ілеспеді.* **Жұлдыздай [күндей] жайнау.** *Ажарлану, нұрлану.* **Жұлдыздай самсады.** *Жұлдызша жыпырлады, жайнады.*

**ЖҰЛДЫЗДАЙЫН** сын. фольк. *Жұлдыздай.*

**ЖҰЛДЫЗДЫ** сын. **1.** *Жұлдызы көп, самсаған.* **2.** *Бес тармақты жұлдыз таққан, эмблемасы бар.* **3.** сов. *Еңбегіне сай атақ алып, алтын жұлдыз таққан.* **4.** ауыс. *Жолы болған, бақыты жанған.*

**Жұлдызды аспан.** *Аспан күмбезінде түнде көрінетін шырақтардың жиынтығы.* **Жұлдызды соғыс.** әск. *Космоста не космос арқылы жүргізілетін соғыс.*

**ЖҰЛДЫЗДАН=** ет. *Жұлдыз сияқты тармақтану.*

**ЖҰЛДЫЗДАНУ** *Жұлдыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛДЫЗДЫҚ** сын. *Жұлдызға қатысты, жұлдыздық жүйедегі.*

**Жұлдыздық карта.** астр. *Жұлдызды аспанның не оның бір бөлігінің сызбасы.* **Жұлдыздық уақыт.** астр. *Астрономияда қолданылатын уақыт есебі.* **Жұлдыздық шама.** астр. *Аспан шырақтары (жұлдыздар, ғаламшарлар, Күн т.б.) сәулесінің Жер беті жазықтығында (шырақтар сәулесіне перпендикуляр орналасқан) жасайтын жарықталынуының өлшемі; аспан шырағы жалтырауының өлшемі.*

**ЖҰЛДЫЗЖОРАМАЛ** зат. <грек. hxroskopos> *Белгілі бір уақыттағы жұлдыздар мен ғаламшарлар орналасуының астрологиялық болжам жасалатын кестесі, осындай болжамның өзі.*

**ЖҰЛДЫЗҚҰРТ** зат. зоол. <лат. eruca> *Денесі буынтық-буынтық, түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік; көбелектердің құрт тәрізді дернәсілі.*

**ЖҰЛДЫЗНАМА** зат. <грек. astron – жұлдыз, logos – ұғым, ой> *Тарихи оқиғалар, адамдар мен халықтардың тағдырлары аспан шырақтарының орналасуымен байланысты деген түсінік, наным-сенім негізінде болашақты болжау мүмкіндігі туралы ілім.*

**ЖҰЛДЫЗНАМАЛЫҚ** сын. *Жұлдызнамаға қатысты, жұлдызнамаға тән.*

**ЖҰЛДЫЗСЫЗ** сын. *Жұлдыз жоқ, қараңғы.*

**ЖҰЛДЫЗСЫРҒА** зат. қолөнер. *Шеңберінің ортасында бес тармақты жұлдызы бар сырға.* **Жұлдызсырға қалып.** *Жұлдыз, орақ пен балға бейнесі бар қалып үлгісі.*

**ЖҰЛДЫЗТҮК** зат. өс. <лат. farsetia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ЖҰЛДЫЗША**[1] зат. **1.** *Түнде аспан әлемінде жарқырап кішкентай болып көрінетін ғаламшар.* **2.** полигр. *Жұлдыз тәрізді баспахана белгісі.* **3.** инф. <ағыл. asterisk> *Бағдарламалау тілдерінде көбейту амалының белгісі ретінде және т.б. жағдайларда операциялық жүйеде символдар тобы орнына қолданылатын символ.*

**Жұлдызша клетка.** биол <лат. cytos stellatum, лат. stella – жұлдыз, грек. kytos> *Жануарлар ағзасының әртүрлі мүшелерінде кездесетін, пішіні жұлдыз тәрізді клеткалар.* **Жұлдызша нейрон.** биол. <лат. neuronum stellatum> *Ми қыртысы сұр затында, мишық қыртысының молекулалы және дәнді қабаттарында орналасқан, мөлшері әртүрлі, пішіні жұлдыз тәрізді нейроцит.* **Жұлдызша түйін.** <лат. ganglion stellatum> *Симпатикалық жүйке жүйесі бағаны құрамындағы жүйкелік түйін.* **Жұлдызша тігу.** *Жұлдыз түрін кестелеп түсіру.*

**ЖҰЛДЫЗША**[2] зат. *Гүлі өте майда, бір талдап қана өсетін гүл түрі.*

**ЖҰЛДЫЗША**[3] үст. *Жұлдыз тәрізді, жұлдыз сияқты.*

**Жұлдызша ақты.** *Көз ілеспеді, зымырады, зулады.*

**ЖҰЛДЫЗШӨП** зат. өс. <лат. stellaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екіжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰЛДЫЗШЫ** зат. **1.** *Аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданған оқымысты, астроном.* **2.** *Аспан шырақтарына қарап адам тағдырын болжаушы сәуегей.*

**ЖҰЛДЫР=** **1.** *Қадалып тұрған нәрсені орнынан суыртып алғызу, тамырымен үздіріп алдыру.* **2.** *Тісті алдырып тастау.* **3.** *Үзіп-жұлып жегізу.*

**ЖҰЛДЫРУ** *Жұлдыр етістігінің қимыл атауы; жұлғызу, суырту.*

**ЖҰЛҚАР** зат. *Түйенің алдыңғы екі күрек тісі.*

**ЖҰЛҚУ** *Жұлқы етістігінің қимыл атауы; сілке тарту, жұлмалау.*

**ЖҰЛҚЫ=** ет. **1.** *Қатты сілке тарту; желкелеу, жұлмалау.* **2.** *Түр-түрлап ояту.*

**Жұлқи көтеру.** спорт. *Ауыр атлетикада зілтемірді тоқтатпай қосқолдап бірден жоғары көтеру.*

**ЖҰЛҚЫЛА=** ет. *Тартқылау, сілкілеу, жұлмалау.*

**ЖҰЛҚЫЛАН=** ет. *Тартқылану, сілкілену, жұлмалану.*

**ЖҰЛҚЫЛАНУ** *Жұлқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫЛАС=** ет. *Тартысу, сілкілесу, жұлмаласу.*

**ЖҰЛҚЫЛАСУ** *Жұлқылас етістінің қимыл атауы.* **1.** *Әрі-бері итермелесу, тартысу.* **2.** *Алысу, арпалысу.*

**ЖҰЛҚЫЛАТ=** ет. *Тартқылату, сілкілету, жұлмалату.*

**ЖҰЛҚЫЛАТУ** *Жұлқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫЛАУ** *Жұлқыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тартқылау, сілкілеу, жұлмалау.* **2.** *Түр-түрлап ояту, ұйқысын бұзу.*

**ЖҰЛҚЫМ-ЖҰЛҚЫМ** сын. *Жұлма-жұлмасы шыққан, қобыраған.*

**ЖҰЛҚЫН=** ет. **1.** *Біреудің қатты қысымынан шығып кетуге әрекет жасау.* **2.** ауыс. *Жанұшыру, аласұру.*

**Жұлқына жөнелді.** *Алға қарай ұмтылды, шаба жөнелді.*

**ЖҰЛҚЫНДЫР=** ет. **1.** *Аласұрту, алқындыру (ауыздығымен алысқан асау ат туралы айтылады).* **2.** ауыс. *Біреудің тентек мінезін, алашапқын болып отыруын көтеру, соған тозу.*

**ЖҰЛҚЫНДЫРУ** *Жұлқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫНТ =** ет. **1.** *Атты ауыздығымен алыстыру, жер тарпыту.* **2.** ауыс. *Сілкінту, серпілту.*

**ЖҰЛҚЫНТУ** *Жұлқынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫНУ** *Жұлқын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫНЫС=** ет. *Құлшынысу, дүр сілкіну, көтерілу.*

**ЖҰЛҚЫНЫС: жұлқыныс тост.** сөйл. *Дастарқан басында өздігінен, өз бастамасымен сұрап алған тілек сөз.*

**ЖҰЛҚЫНЫСУ** *Жұлқыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫҢҚЫРА=** ет. *Тартыңқырау, жұлмалаңқырау.*

**ЖҰЛҚЫҢҚЫРАУ** *Жұлқыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫП-ЖҰЛҚЫП** үст. *Тартып-тартып, сілкіп-сілкіп.*

**ЖҰЛҚЫС** зат. *Тартыс, күрес.*

**ЖҰЛҚЫС=** ет. **1.** *Ұрысып-керісу.* **2.** *Соғысу.* **3.** *Алауыз болу, жік-жікке бөліну.*

**ЖҰЛҚЫСТЫР=** ет. *Алыстыру, арпалыстыру.*

**ЖҰЛҚЫСТЫРУ** *Жұлқыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫСУ** *Жұлқыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алысу, арпалысу, соғысу.* **2.** *Күресу; қарсы тұру.*

**ЖҰЛҚЫТ=** ет. *Жұлмалату, тістету, тартқылату.*

**ЖҰЛҚЫТУ** *Жұлқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛҚЫШТА=** ет. *Жұлмалау, жұлма-жұлмасын шығарып, тістелеу.*

**ЖҰЛҚЫШТАУ** *Жұлқышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛМА**[1] зат. *Қойдың терісінен жұлып алған өлі жүн, жабағы жүннің шет пұшпағы.*

**ЖҰЛМА**[2] зат. жерг. *Сирек, селдір шыққан егін.*

**ЖҰЛМА**[3] сын. *Жұлым-жұлымы шыққан, тозған; жыртық.*

**Жұлма болды.** *Әбден тозды, жұлма-жұлмасы шықты.*

**ЖҰЛМА-ЖҰЛМА** сын. *Жұлым-жұлым, жыртық-жыртық.*

**Жұлма-жұлма болды.** *Жұлым-жұлымы шықты, әбден тозды.* **Жұлма-жұлмасы шықты.** *Тоз-тоз болды, ескірді.*

**ЖҰЛМАКӨЖЕ** зат. тамақ. *Жайылған қамырды үзіп-үзіп қазанға салып пісірген тамақ түрі.*

**ЖҰЛМАЛА=** ет. **1.** *Жұлқылау, тартқылау, ары-бері жұлқу.* **2.** *Жұлма-жұлмасын шығару, тістелеу.*

**ЖҰЛМАЛАН=** ет. **1.** *Жұлма-жұлма болу, тозығы жету, ескіру.* **2.** *Әбден тапталу.*

**ЖҰЛМАЛАНУ** *Жұлмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛМАЛАС=** ет. **1.** *Тістелеп, тартқылап жеу.* **2.** *Алысып, арпалысу.*

**ЖҰЛМАЛАСУ** *Жұлмалас етістігінің қимыл атауы, алысу, күресу.*

**ЖҰЛМАЛАУ** *Жұлмала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұлқылау, ары-бері жұлқу.* **2.** *Ұрыпсогу, күш көрсету.* **3.** ауыс. *Тынышын алу, қаужау.*

**ЖҰЛМАНАН** зат. жерг. *Нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамақ түрі.*

**ЖҰЛМАРЛА=** ет. сөйл. жерг. ***Жұлмала.***

**ЖҰЛМАРЛАУ** *Жұлмарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛМАСІҢІР** зат. *Мал сүйегіне жабысқан қысқа сіңір.*

**ЖҰЛМЫР** сын. *Қағынған, қу, сұмырай.*

**ЖҰЛМЫТ** сын. *Пысық, жылпос, жұлымыр.*

**ЖҰМЫТТАЙ** сын. *Дыңдай, зұлымырдай.*

**ЖҰЛУ** *Жұл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шөптен тазалау, отау.* **2.** *Жемісті сабағынан үзу.* **3.** *Құрту, көзін жою.*

**ЖҰЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Аяқ киімнің ұлтаны мен басының және жиегінің жалғасқан жері, сыздық.* **2.** *Мал тұяғының жербасар мен қабырғасының түйіскен қыры.*

**Жұлығынан келмеді [келер ме екен].** *Елең құрлы көрмеді, менсінбеді.* **Жұлығы шыққан.** а) *Тозығы жеткен, ескірген.* ә) *Азып-тозған, жадап-жүдеген.*

**ЖҰЛЫҚ**[2] зат. көне. *Құдық кенересінің төменгі жағы.*

**ЖҰЛЫҚСЫЗ** сын. *Жұлығы жыртылған, қақырап кеткен.*

**ЖҰЛЫҚТА=** ет. **1.** *Аяқ киімге (етік, бәтіңке т. б.) сыздық салу, жұлық салу.* **2.** ауыс. *Шет жағалату, жиектеу.* **3.** жерг. *Жекелеу, арасын сирету.*

**ЖҰЛЫҚТАТ=** ет. *Шет жағалату, жиектету.*

**ЖҰЛЫҚТАТУ** *Жұлықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫҚТАУ** *Жұлықта етістігінің қимыл атауы; аяқкиімге жұлық салу.*

**ЖҰЛЫМ** сын. *Жұлынып алынған бір бума, бір шоқ, бір шөкім.*

**ЖҰЛЫМДА=** ет. *Үзіп-үзіп, бөліп-бөліп алу, бөлшектеу.*

**ЖҰЛЫМДАН=** ет. *Жұлым-жұлымы шығып жыртылу, тозу.*

**ЖҰЛЫМДАНУ** *Жұлымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫМ-ЖҰЛЫМ** сын. *Жұлма-жұлма, алба-жұлба, жыртық-жыртық.*

**Жұлым-жұлым болды.** *Жұлма-жұлмасы шықты, тоз-тозы шықты.*

**ЖҰЛЫМҮЙ** зат. сөйл. ***Жолым үй.***

**ЖҰЛЫМЫР** сын. *Іліп-қағып кететін қу, сұғанақ, олжақор.*

**ЖҰЛЫН**[1] зат. **1.** анат. <лат. medulla spinalis> *Адам мен омыртқалы жануарлардың омыртқа жотасының ішінде орналасқан орталық жүйке жүйесінің бір бөлігі.* **2.** ауыс. *Жақын санаған адамға, баласына жақсы көру, еркелету ретінде айтылатын атауыш.*

**Жұлынға тиді.** *Қиын тиді, ауыр соқты, діңкесін құртты.* **Жұлындай ұшырды [түсірді].** а) *Мұрттай ұшырды.* ә) *Оп-оңай меңгерді.* **Жұлын тұтты.** жерг. *Ашу қысты, кейіді, ренжіді.* **Жұлын түйіндері.** анат. <лат. ganglion spinale> *Жұлынның жоғарғы (адамда – артқы) түбіршігі бойында орналасқан, сезімтал нейроциттерден құралған түйін.* **Жұлынын үзді.** *Белін сындырды, омыртқа-сын үзді.* **Жұлының [омыртқаң] үзілгір!** қарғыс. *Өле қал деген мағынада.* **Жұлының үзілсін.** қарғ. *Опат болғыр, қыршыныңнан қиылғыр.* **Жұлыны үзілді.** а) *Өлді, дүниеден қайтты.* ә) *Тірегі құлады, таянышы жоқ болды.*

**ЖҰЛЫН**[2] зат. жерг. *Тонның етегі мен өңірінен шығып тұратын жүні.*

**ЖҰЛЫН=** ет. **1.** *Шөптен тазалану, оталу.* **2.** *Жұлқыну, ілгері ұмтылу, сілке тарту.* **3.** ауыс. *Ашулану, ыза болу.*

**ЖҰЛЫНҒЫР**: **жуадай жұлынғыр.** қарғ. *Көктей солғыр, өме қапқыр.*

**ЖҰЛЫНДАЙ** сын. **1.** *Тып-тұзу, тіп-тік шаншылған.* **2.** ауыс. *Өрімдей, жап-жас.* **3.** ауыс. сөйл. *Жұнттай, семіз.*

**Жұлындай ақты.** *Тіп-тіке созылды, зымырады, ұшты.* **Жұлындай түсірді.** *Мұрттай ұшырды, жайратты.* **Жұлындай ұшырды.** а) *Қиюындай ұшты, зымырады.* ә) *Оп-оңай меңгерді.*

**ЖҰЛЫНДАЙ-ЖҰЛЫНДАЙ** сын. *Тіп-тік, жіңішке болып будақталған.*

**ЖҰЛЫНДЫ** зат. *Өздері тараған негізгі аудандардан мұздық мұздары ондаған, жүздеген километрге қашықтатып, негұрлым жас таужыныстардың арасында қалған таужыныстардың экзотикалық жақпартастары.*

**ЖҰЛЫНДЫР=** ет. *Құтырту, қызбаландыру.*

**ЖҰЛЫНДЫРУ** *Жұлындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫН-ЖҰЛЫН** зат. анат. *Күллі омыртқалардың ішін аралап өтетін қабығы бар бұтақты жүйке.*

**ЖҰЛЫН-ЖҮЙКЕ** зат. **1.** <лат. nervus> *Жан-жүйе, нерв.* **2.** *Бүкіл денесі, тұла бойы.*

**ЖҰЛЫНҚҰРТ** зат. **1.** *Жұлын ауруының аты.* **2.** ауыс. *Заржақ, арам адам.*

**ЖҰЛЫНТ=** ет. *Жұлқынту, құтырту.*

**ЖҰЛЫНТУ** *Жұлынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫНУ** *Жұлын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫНТҰТА** зат. *Жұлын бекем тұрған бел омыртқа.*

**ЖҰЛЫНШАҚ** зат. *Гүл өсіру үшін ішіне топырақ, құм салған себет.*

**ЖҰЛЫН-ШЕМІРШЕК** зат. балықшар. *Қызыл балықтардың омыртқа шеміршегі.*

**ЖҰЛЫНЫП-ЖҰЛҚЫНЫП** үст. *Қағынып-ұшынып, жанын жеп.*

**ЖҰЛЫП-ЖҰЛҚЫП** үст. **1.** *Белгілі біртұтас затты бірден мол қылып алмай, шетінен біртіндеп, әр жерінен үзіп алу.* **2.** *Қайта-қайта жұлқылап ныққу.*

**ЖҰЛЫС=** ет. **1.** *Шөптен тазартысу, отасу.* **2.** ауыс. *Таласып-тармасу, арпалысу, шайқасу.*

**ЖҰЛЫСТЫР=** ет. *Ұрысып-керістіру, арпалыстыру, қырқыстыру.*

**ЖҰЛЫСТЫРУ** *Жұлыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰЛЫСУ** *Жұлыс етістігінің қимыл атауы; ұрысып-керісу, тайталасу.*

**ЖҰМ** зат. ойын. *Ойын бастаушының белгісі бойынша жаппай үндемей қалатын халық ойыны, тымпи, үндемес.*

**ЖҰМ=** ет. **1.** *Қолдың саусақтарын ішке бүгіп, алақанға қарай түйіп алу.* **2.** *Кірпіктерді айқастырып жабу.* **3.** *Ауызды жабу.*

**Жұмған аузын [жағын] ашпады.** сөйл. *Үндемей қойды, ләм-мим демеді.*

**ЖҰМА** [ар. جمعه ] зат. **1.** *Аптаның бесінші күнінің аты.* **2.** *Апта, бір жеті.* **3.** діни. *Мұсылмандардың мереке күні, кәмелетке толғандар, дені сау, қолы бос мұсылмандардың міндетті түрде мешітке жиналып, жұма намаз оқып, уағыз тыңдайтын күні.*

**Жұма мерек болсын!** діни. тілек. *Жұма мерекесі құтты болсын.* **Жұма намаз.** діни. *Ислам дініндегі ер адамдар үшін жамағатпен оқу парыз етілген жұма күнінің құрметіне бесін намазы уақытында оқылатын намаз.*

**ЖҰМАДАЛ-АХАР** [ар. جمادى الآخرة ] зат. *Араб ай жылнамасының алтыншы айының аты.*

**ЖҰМАДІЛ-ӘУЕЛ** [ар. جمادى الاولى] зат. *Арабша ай күнтізбесімен бесінші айдың аты.*

**ЖҰМАҚ** зат. **1.** діни. *Алла тағаланың рақымы түскен сүйікті құлдарының о дүниедегі рақат орны; пейіш.* **2.** ауыс. *Шаруашылық пен тұрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.*

**Жұмақ [бейіш, ұжмақ] аналардың табандары астында.** *Ананың қадір-қасиеті жұмақтан артық, ананды сыйлау жұмаққа барумен тең деген мағынада.* **Жұмақ құстары.** зоол. <лат. paradisaeidae> *Торғайлар отрядының бір тұқымдасы.* **Жұмақтың рақаты.** *Пейіш тыныштығы, о дүниедегі жұмақ.*

**ЖҰМАЛА=** ет. жерг. *Домалау.*

**ЖҰМАЛАП** үст. *Апталап, бірнеше жұма бойына.*

**ЖҰМАЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір шараны апта сайын өткізу, жетілік; апталық.* **2.** көне. діни. *Молдалардан оқыған шәкірттердің жұма сайын апаратын сыйы, ақы.* // *Жұма, апта, жеті көлеміндегі.*

**ЖҰМАРЛА=** ет. **1.** *Умаждау, басып-жаншу.* **2.** ауыс. *Жауды жеңу, талқандау.*

**ЖҰМАРЛАН=** ет. **1.** *Домалану, дөңгелену.* **2.** *Бүйралану, толқу.* **3.** *Умаждалу, мыж-мыж болу.* **4.** *Бүртию, дүрдию.*

**ЖҰМАРЛАНУ** *Жұмарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМАРЛАС=** ет. *Алысып ойнау.*

**ЖҰМАРЛАСУ** *Жұмарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМАРЛАУ** *Жұмарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Умаждау, басып-жаншу.* **2.** ауыс. *Жауды жеңу, талқандау.*

**ЖҰМАРШАҚ**[1] зат. *Айран, сүт құятын, ұйытатын ыдыс.*

**ЖҰМАРШАҚ**[2] сын. *Жұмарланған, жұмыр, кесек.*

**ЖҰМАРШАҚТАН=** ет. **1.** *Жұмарлану, домалану.* **2.** *Жапырақ, шөп т.б. оралып, жиырылып, ширатылып қалуы.*

**ЖҰМАРШАҚТАНУ** *Жұмаршақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМАСЫЗ** үст. *Бір жұма болмайынша, бір жұмаға дейін.*

**ЖҰМАСЫНА** үст. *Бір жұмада, аптасына.*

**ЖҰМАСЫНДА** үст. *Аптасында, жетісінде.*

**ЖҰМБАЗ** сын. *Жұмарланған, илектенген кір.*

**ЖҰМБАЗДА=** ет. *Жұмарлау, сықпалау, илектеу, сығымдау, домалақтау.*

**Жұмбаздай салу.** *Немқұрайлы қарау, істі тиянақсыз ету.*

**ЖҰМБАЗДАЛ=** ет. *Жұмарлану, түйдектелу, сығымдалу.*

**ЖҰМБАЗДАЛУ** *Жұмбаздал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАЗДАН=** ет. *Жұмарлану, домалақтану, дөңгелену.*

**ЖҰМБАЗДАНУ** *Жұмбаздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАЗДАУ** *Жұмбазда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАҚ** зат. **1.** әдеб. *Жасырын құпия сырды ойлап табу, шешу үшін сыпаттап, астарлап айтылатын қысқаша өлең, әңгіме түріндегі шығарма.* **2.** ауыс. *Белгісіз мән, жасырын сыр.*

**Жұмбағын шешті.** *Бір нәрсенің жасырын сырын ашты, жауабын тапты.* **Жұмбақ айтыс.** фольк. *Ойды бүркемелеп айту, ойлап шешуге арналған халық ауыз әдебиетіндегі айтыс өнерінің бір түрі.* **Жұмбақ жанры.** әдеб. *Адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.* **Жұмбақ өлең.** әдеб. *Жұмбақты өлең түрінде айту.*

**ЖҰМБАҚСЫЗ** сын. *Бүкпесіз, астарсыз.*

**ЖҰМБАҚТА=** ет. *Астарлау, тұспалдау.*

**ЖҰМБАҚТАҒЫШ** сын. *Жұмбақтап, астарлап, тұспалдап айтуға шебер (адам).*

**ЖҰМБАҚТАЛ=** ет. *Астарлану, тұспалдану.*

**ЖҰМБАҚТАЛУ** *Жұмбақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАҚТАН=** ет. *Құпиялану, түсініксіз күйде болу.*

**ЖҰМБАҚТАНУ** *Жұмбақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАҚТАС=** ет. *Астарлап сөйлесу.*

**ЖҰМБАҚТАСУ** *Жұмбақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМБАҚТАУ**[1] сын. *Жасырындау, белгісіздеу.*

**ЖҰМБАҚТАУ**[2] *Жұмбақта етістігінің қимыл атауы; ойды жасырып, шешімін табуға ыңғайлап, астарлап, тұспалдап сөйлеу.*

**ЖҰМБАҚТЫ** сын. *Астарлы, бүкпелі, құпиялы.*

**ЖҰМБАҚТЫҚ** зат. *Бір нәрсенің белгісіздігі, түсініксіздігі, мән-жайының құпиялылығы.*

**ЖҰМБАҚШЫ** зат. *Жұмбақ айтқыш адам.*

**ЖҰМБАҚШЫЛ** сын. *Жұмбақты айтқыш әрі шешкіш (адам).*

**ЖҰМҒА** зат. жерг. ***Жұма.***

**ЖҰМҒЫЗ=** ет. ***Жұмдыр.***

**ЖҰМҒЫЗУ** *Жұмғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМДЫҚ** зат. жерг. *Ұйымшылдық.*

**ЖҰМДЫР=** ет. *Көзін аштырмау.*

**ЖҰМДЫРУ** *Жұмдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМ-ЖҰМ** зат. ойын. *Алқа-қотан отырған көпшілік ойын бастаушының белгісі бойынша белгілі бір уақытқа жаппай үндемей, көз жұмып қалатын ойын; тымпи, үндемес.*

**ЖҰМЛА** үст. ***Жұмлә.***

**ЖҰМСА=** ет. **1.** *Біреуді бір жерге бір жұмысты орындап келуге, атқаруға жіберу.* **2.** *Күш салыну.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені пайдалану, жарату, іске асыру.*

**ЖҰМСАҒЫРАҚ** сын. **1.** *Жұмсақтау, жайлырақ, мамығырақ.* **2.** ауыс. *Бостау, көңілшектеу.* **3.** ауыс. *Құлаққа жағымдырақ, жылырақ.*

**ЖҰМСАҒЫШ** сын. *Жұмсай бергіш.*

**ЖҰМСАҚ** сын. **1.** *Мамық, ұлпа, үлпілдек, биязы.* **2.** *Қатты емес, былпылдақ, езіліп тұрған немесе әбден піскен.* **3.** ауыс. *Жағымды, сүйкімді (дауыс).* **4.** ауыс. *Жайлы, жайдары.* **5.** ауыс. *Жағдайлы, қолайлы, жылы (күн райы).* **6.** ауыс. *Жанға жайлы, майда (тіл, сөз).*

**Жұмсақ алтын.** бейн. *Бағалы аң терілері.* **Жұмсақ балшатыр** зат. өс. *Айлаулықтар тұқымдасына жататын, биіктігі 15-35 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Жұмсақ вагон.** *Жолаушылардың жатып-тұруына, демалуына ыңғайластырып жабдықталған, екі адамдық жайлы вагон.* **Жұмсақ валюта**. экон. *Өзінің атаулы құнымен және басқа валюталардың бағамымен салыстырғанда тұрақсыз валюта.* **Жұмсақ жел**. *Жай, ақырын соққан жел.* **Жұмсақ қолдылық істеу**. *Көңілге қараушылық.* **Жұмсақ мінезді.** *Әдепті, сыпайы, иі жұмсақ.* **Жұмсақ су**. хим. *Құрамында кальций мен магний карбонаттары аз, кермектігі 1,5-3,0 мг-экв/дм*$^3$ *аралығындағы су.* **Жұмсақ таңдай**. анат. <лат. palatum molle> *Ауыз қуысын мұрын қуысынан бөліп тұратын қатты таңдайдың артқы жалғасы.* **Жұмсақ ұлпа**. <лат. pulpa> *Тіс қуысында орналасқан тістің жұмсақ бөлігі.*

**ЖҰМСАҚТА=** ет. *Жұмсақ ету, жайлы ету.*

**ЖҰМСАҚТАН=** ет. *Жұмсақ күйге түсу, жұмсару.*

**ЖҰМСАҚТАНУ** *Жұмсақтан етістігінің қимыл атауы*

**ЖҰМСАҚТАУ**[1] сын. **1.** *Топырағы бос, құмды (жер).* **2.** *Тіске жұмсақ, піскен.*

**ЖҰМСАҚТАУ**[2] *Жұмсақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМСАҚТҮК** зат. өс. <лат. malachium> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰМСАҚТЫҚ** зат. **1.** *Үлпілдектік, ұлпалылық.* **2.** ауыс. *Жайлылық, жайдарлылық, қатаң еместік.*

**ЖҰМСАЛ=** ет. **1.** *Бір жұмысты атқаруға, орындап келуге жегілу, жіберілу.* **2.** *Жаратылу, пайдаланылу.*

**Жұмсалған су**. сушар. *Өсімдіктің өсіп-өнуі және дамуы кезінде суаруға жұмсалатын судың жалпы мөлшері.*

**ЖҰМСАЛУ** *Жұмсал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір істі орындауға жегілу, жіберілу.* **2.** *Жаратылу, пайдаланылу.*

**ЖҰМСАЛЫН=** ет. *Пайдаланылу, қолданылу.*

**ЖҰМСАЛЫНУ** *Жұмсалын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМСАР=** ет. **1.** *Жұмсақ болу, босау.* **2.** ауыс. *Райынан қайту, басылу, бәсеңдеу.* **3.** *Суықтың ызғары қайту, жылу.*

**ЖҰМСАРҒЫШ** сын. *Жұмсара бергіш, жақсы жұмсаратын.*

**ЖҰМСАРҒЫШТЫҚ** зат. *Тез жұмсарушылық, балқығыштық.*

**ЖҰМСАРТ=** ет. **1.** *Мамық ету, көпсіту.* **2.** *Тіске басуға жұмсақ ету, босату.*

**ЖҰМСАРТҚЫШ** сын. *Жібіткіш, жұмсартатын (дәрі, май).*

**ЖҰМСАРТҚЫШТАР** зат. хим. *Ұшпайтын немесе нашар ұшатын органикалық қосылыстар.*

**ЖҰМСАРТҚЫШТЫҚ** сын. *Жібіткіштік, жұмсартушылық.*

**ЖҰМСАРТУ** *Жұмсарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қопсыту, босату.* **2.** *Биязы, жұмсақ қалыпқа келтіру.* **3.** *Босаңсыту, иіктіру.* **4.** геол. *Қорытпаларды қыздырып өңдеудің бір түрі.*

**ЖҰМСАРТЫҢҚЫРА=** ет. *Бәсеңдетіңкіреу, әлсіретіңкіреу.*

**ЖҰМСАРТЫҢҚЫРАУ** *Жұмсартыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМСАРУ** *Жұмсар етістігінің қимыл атауы; босаңсу, иілгу.*

**ЖҰМСАС=** ет. *Сілтесу, шаншысу.*

**ЖҰМСАСУ** *Жұмсас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМСАУ** *Жұмса етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір істі атқаруға, орындауға жіберу.* **2.** *Сілтеу, қолдану.*

**ЖҰМСАУЛЫ** сын. *Жұмсалынған, жұмсап қойған.*

**ЖҰМСАУСЫЗ** сын. *Іске аспайтын, пайдаға жарамсыз.*

**ЖҰМСАУЫҚ** сын. *Біреуді жұмсай беретін, жұмсағыш.*

**ЖҰМУ** *Жұм етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кірпіктерді айқастырып жабу.* **2.** *Көз іліндіру, ұйықтау.*

**ЖҰМУЛЫ** сын. *Көздің, ауыздың, қолдың ашық емес, жұмылған қалпы.*

**ЖҰМУСЫЗ** сын. *Ашық, жабық емес, жұмылмаған.*

**ЖҰМЫҚ** сын. **1.** *Кішкене сығырайған, сәл қысыңқы.* **2.** ауыс. *Білігі аз, ойы саяз, соқыр.*

**ЖҰМЫЛ=** ет. **1.** *Көздің жабылуы.* **2.** *Саусақтың бүгілуі, түйілуі.* **3.** ауыс. *Бірігу, күш қосу, ұйымшылдықпен іске кірісу.*

**Жұмыла кірісті**. *Бір істі жабыла істеді.*

**ЖҰМЫЛҒАНША**: **көзі жұмылғанша.** *Өлеөлгенше.*

**ЖҰМЫЛДЫР=** ет. *Жаппай қатыстыру, ұйымдастыру.*

**Жұмылдыра қанат жаю**. әск. *Қарулы Күштердің бейбіт уақыттағы ұйымдар мен штаттардан соғыс кезіндегі штаттар мен ұйымдарға өтуі.*

**ЖҰМЫЛДЫРҒЫШ** сын. *Ұйымдастырғыш, бірлестіргіш.*

**ЖҰМЫЛДЫРУ** *Жұмылдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұйымшылдықпен іске кірістіру, күш қостыру.* **2.** <лат. mobilis> *Қарулы Күштерді соғыс жағдайына ауыстыру және елдің экономикасы мен мемлекеттік институттарын соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін қайта құру жөніндегі іс-шаралар кешені.*

**Жұмылдыру туралы хабар**. әск. *Барлық мүдделерді, қарулы күштердің барлық түрлеріндегі әскери бөлімдерді, әскери және азаматтық ұйымдарды жұмылдыру туралы үкімет шешімімен таныстыру.*

**ЖҰМЫЛДЫРУШЫ** зат. *Ұйымдастырушы, біріктіруші.*

**ЖҰМЫЛДЫРЫЛ=** ет. *Жаппай іске қосылу, қатыстырылу.*

**ЖҰМЫЛДЫРЫЛУ** *Жұмылдырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫЛТ=** ет. *Іске кірістіру, күш қостыру.*

**ЖҰМЫЛТУ** *Жұмылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫЛУ** *Жұмыл етістігінің қимыл атауы; жаппай бірігу, ұйымдасу, атсалысу.*

**ЖҰМЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Бірлесушілік, ұйымдасушылық.*

**ЖҰМЫЛЫҢҚЫ** сын. *Жабылыңқы, қысылыңқы.*

**ЖҰМЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Көзі жабылыңқырау, сығырайыңқырау.*

**ЖҰМЫЛЫҢҚЫРАУ** *Жұмылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫЛЫС=** ет. *Бірлесу, ұйымдасу.*

**ЖҰМЫЛЫСУ** *Жұмылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫҢҚЫ** үст. *Көзі сәл жабыңқы, қысыңқы.*

**ЖҰМЫҢҚЫРА=** ет. *Көзін жабыңқырау, сығырайтыңқырау.*

**ЖҰМЫҢҚЫРАУ** *Жұмыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫР**[1] сын. **1.** *Жұмыртқа сияқты жұпжұмыр, доп-домалақ.* **2.** ауыс. *Тығыршықтай, толық.* **3.** ауыс. *Жинақы, мінсіз.*

**Жұмыр ағаш**. жерг. *Үй төбесіне салатын ағаш, мәтке.* **Жұмыр басты [ет жүректі] пенде**. *Адам атаулы.* **Жұмыр білезік**. көне. *Күмісті жұмырлап, екі басын иіп түйістірген білезік.* **Жұмыр білек.** *Бұлшық еті ойнаған, ысылған білек.* **Жұмыр білекті.** *Еңбекке әбден үйренген, ысылған.* **Жұмыр дорба**. жерг. *Қойшының тамақ т.б. нәрсе салатын дорбасы.* **Жұмыр жер**. бейн. *Жер шары, жер беті.* **Жұмыр мүсін**. өнер. *Мүсін өнеріндегі өз алдына сомдалып жасалатын шығармалар жанрының жиынтық атауы.* **Жұмыр тұяқ**. *Жылқы малы.*

**ЖҰМЫР**[2] зат. **1.** *Күйіс қайыратын малдардың қарынының бір бөлігі, түрі.* **2.** тамақ. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мал қарнының ішіне сарымсақ, бұрыш, сәбіз, күріш, майлы ет турап салып, аузын түйреп сақтайтын тағам түрі.* **3.** қолөнер. *Алтын, күміс, ағаш, сүйек, тас, мүйізден жасалған заттарды айшықтап әшекейлеудің бір түрі.*

**Жұмырына жұқ болмады**. *Қарны тоймады, жұғын болмады.*

**ЖҰМЫР**[3] зат. *Малдың қарынынан жасалған, сусын құятын ыдыс.*

**ЖҰМЫРАЙҚОҒА** зат. жерг. *Қоғаның түрі.*

**ЖҰМЫРБАС: жұмырбас кесіртке**. *Ешкіемер тұқымдасының бір туысы.*

**ЖҰМЫРҚИЯҚ** зат. өс. *Малазықтық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰМЫРҚҰРТ** зат. зоол. **1.** *Адамның, малдың ішек-қарнында болатын құрт.* **2.** вет. <лат. haemonchus> *Қой мен ешкі малында жиі, ал ірі қара малда сирек кездесетін ауру; қылқұрт.*

**ЖҰМЫРЛА=** ет. *Бір нәрсені домалақтау, жұмыр ету.*

**ЖҰМЫРЛАН=** ет. **1.** *Домалақтану.* **2.** ауыс. *Тығыршықтану, толықсу, оңалу.*

**ЖҰМЫРЛАНУ** *Жұмырлан етістігінің қимыл атауы; тығыршықтану, толықсу.*

**ЖҰМЫРЛАУ**[1] сын. *Аздап жұмыр келген, домалақтау.*

**ЖҰМЫРЛАУ**[2] *Жұмырла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫРЛАУЫШ** зат. *Жұмырлайтын, домалақтайтын зат.*

**ЖҰМЫРЛЫҚ** зат. *Жұмыр болушылық, жұмырға тән ерекшелік.*

**ЖҰМЫРТҚА** зат. <лат. ovum> *Құстың, бауырымен жорғалаушылардың, жұмыртқа салушы сүтқоректілердің аналық жұмыртқа жасушасы.*

**Жұмыртқа басқызды.** *Балапан басып шығарды.* **Жұмыртқа басты.** *Балапан шығару үшін жұмыртқа шайқады.* **Жұмыртқа басу.** зоол. *Құстардың балапан шығаруы.* **Жұмыртқадан жүн қырыққан.** *Айла-шарғысы мол, жол тапқыш.* **Жұмыртқа жасуша.** биол. *Дамып, жетілген аналық жыныс жасушасы.* **Жұмыртқа жолы.** анат. *Жұмыртқалық (аналық жыныс безі) маңынан шашақты құйғыш тәрізді кеңейіп басталып, жатырға ашылатын жіңішке түтік тәрізді мүше.* **Жұмыртқаның сарысы.** сөйл. *Жұмыртқаның сары уызы.* **Жұмыртқаның сарысындай.** бейн. *Доп-дөңгелек, сап-сары, әп-әдемі.* **Жұмыртқа салғыштық.** *Жиі жұмыртқа басушылық, жұмартқалағыштық.* **Жұмыртқа шайқау.** *Құстардың немесе қолтырауын, жылан сияқты жұмыртқа салып көбейетін т.б. жәндіктердің жұмыртқасын басуы.*

**ЖҰМЫРТҚАДАЙ** сын. **1.** *Жұмыртқа тәрізді.* **2.** ауыс. *Аппақ, жұп-жұмыр.*

**ЖҰМЫРТҚАЖЕГІ** зат. зоол. *Жарғақ қанаттылар отрядына жататын паразиттік жәндіктер.*

**ЖҰМЫРТҚАЛА=** ет. *Тұқымдау, жұмыртқа салу.*

**ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШ** сын. *Жұмыртқалайтын, жұмыртқа салғыш.*

**ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШТЫҚ** зат. кіт. *Жұмыртқа салушылық.*

**ЖҰМЫРТҚАЛАТ=** ет. *Жұмыртқа салдыру.*

**ЖҰМЫРТҚАЛАТУ** *Жұмыртқалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫРТҚАЛАУ** *Жұмыртқала етістігінің қимыл атауы; жұмыртқа салу.*

**ЖҰМЫРТҚАЛЫҚ: жұмыртқалық фолликулдар.** <лат. folliculus ovaricus> *Жұмыртқалықтың шеткі жағында, ақ қабықтың астындағы қыртысты затта орналасқан, әртүрлі даму сатысындағы жұмыртқа жасушасына байланысты құрылымдар.*

**ЖҰМЫРШАҚ**[1] зат. анат. <лат. reticulum> *Күйіс қайыратын малдың төс шеміршегінен кейінірек қарнының астында жататын, іші безді түкті бөлік.*

**ЖҰМЫРШАҚ**[2] зат. өс. <лат. capsella> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰМЫРШАҚ**[3] зат. жерг. *Мал ауруы.*

**ЖҰМЫРШАҚ**[4] зат. жерг. *Местің кішкене түрі.*

**ЖҰМЫРШАҚ**[5] зат. жерг. *Беторамалдық мата.*

**ЖҰМЫРЫҚ** зат. *Саусақтары жұмылған қолдың басы, жұдырық.*

**ЖҰМЫРЫҚТАЙ** сын. *Жұмырық сияқты кішкентай.*

**ЖҰМЫРЫЛ=** ет. **1.** *Уқаланып мыжылу, умаждалу, жымырылу.* **2.** *Жұмырланып соғылу.*

**ЖҰМЫРЫЛУ** *Жұмырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫС** зат. **1.** *Жеке адамның не көпшіліктің белгілі мақсатта еткен еңбегі, әрекеті.* **2.** *Іс, шаруа, жай.* **3.** физ. *Күштің сан шамасы мен бағытына және оның түсу нүктесінің орын ауыстыруына тәуелді күш әсерінің өлшемі.*

**Жұмыс адамы**. *Жұмыс істеуші еңбеккер.* **Жұмыс аптасы**. *Күнтізбелік апта ішіндегі еңбек ету мерзімінің өлшемі, бір аптадағы жұмыс және демалыс күндерінің санын белгілейтін жұмыс уақыты.* **Жұмыс басы.** *Жұмыстың қайнаған ортасы, негізгі жұмыс күші шоғырланған жер.* **Жұмыс беруші.** *Жұмыс күшін жалдаушы.* **Жұмыс емес.** *Түк емес, қиын емес.* **Жұмыс картасы**. әск. *Шартты тактикалық белгілермен және түсіндірме жазулармен графикалық түрде соғыс қимылдарының жағдайлары түсірілген топографиялық карта.* **Жұмыс киімі**. *Жұмысқа киетін арнайы киім.* **Жұмыс көлемі**. *Бір жұмыскер орындайтын түрлі операциялардың саны және олардың қайталануы.* **Жұмыс күні**. *Жұмыс істейтін күн, еңбек күні; қызметкерлердің кәсіпорында бір тәулік ішінде еңбек ететін мерзімі.* **Жұмыс күші**. *Еңбекке жарамды жастағы, экономикалық түрғыда белсенді халық.* **Жұмысқа алымды**. жерг. *Еңбекшіл, іскер.* **Жұмысқа аяқтай бару**. жерг. *Жұмысқа жаяу бару.* **Жұмысқа кірді.** *Қызметке тұрды, жұмысқа орналасты.* **Жұмысқа қойғызды.** *Жұмысқа орналастырды, тұрғызды.* **Жұмысқа [шаруаға] қолы бармады.** *Жалқауланып, бойкүйездеңді.* **Жұмысқа [іске] қосты.** *Бір нәрсені жұмыс істетті, пайдалануға берді.* **Жұмысқа қырлы болды**. *Еңбек істеуге, жұмыс істеп еңбектенуге бейім, ыңғайлы болды.* **Жұмысқа салды.** *Аямай жұмсады, жекті.* **Жұмысқа түсті**. жерг. *Жұмысқа кірді, жұмысқа тұрды.* **Жұмысқа шықты.** *Жұмыс істей бастады.* **Жұмыс қолы**. *Жұмыс істеуші, еңбеккер.* **Жұмыс орны**. *Жұмыс істеушінің (жұмыс істеушілер тобының) өндірістік міндеттерін орындауына бейімделген орын.* **Жұмыс орнын аттестаттау**. *Өндірістік орта мен еңбек процесінің барлық факторларын, қызметкерлердің еңбек қызметі барысында денсаулығы мен еңбек ету қабілетіне әсер ететін ілеспе әлеуметтік-экономикалық факторларды кешенді түрде бағалау.* **Жұмыс орнын жарақтандыру**. *Жұмыс орнын негізгі және көмекші жабдықпен, технологиялық және ұйымдық жарақтармен қамтамасыз ету.* **Жұмыс орнын ұйымдастыру**. *Жұмыс орнын еңбек құралдарымен және заттармен жарақтандыру және оларды белгілі бір тәртіппен орналастыру шараларының жүйесі.* **Жұмыс өтілі.** әлеум. *Қызметкердің еңбек еткен және басқа қоғамдық пайдалы қызмет атқарған уақыттың жиынтығы.* **Жұмыспен қамтылу**. *Елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз етілу көрсеткіші.* **Жұмыс стажы**. ***Жұмыс өтілі.*** **Жұмысты апат қылу**. жерг. *Жұмысты бітіру, аяқтау.* **Жұмысты басынан асыру**. жерг. *Жұмысты салақ істеу.* **Жұмыс уақыты**. *Қызметкер (жұмысшы немесе қызметші) кәсіпорынның (фирманың, мекеменің, ұйымның) ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес жұмыс орнында болуға және еңбек міндеттерін орындауға тиіс күнтізбелік мерзім, қызметкердің еңбек процесіне қатысу ұзақтығының өлшемі.* **Жұмыс үзу**. жерг. *Жұмыстан қалу.* **Жұмыс үстелі**. инф. <ағыл. desktop> *Әртүрлі объектілер орналасатын Windows операциялық жүйесі экраны.* **Жұмысы басынан асады.** *Жұмысы өте көп.* **Жұмысы тынбады.** *Жұмысы өнбеді, бітпеді, аяқтай алмады.* **Жұмысың болмасын**. экспр. *Тиіспе, тиме; жайыңа жүр.*

**ЖҰМЫСБАСТЫ** сын. *Жұмыстан қолы тимейтін, жұмысы көп.*

**Жұмысбасты болды.** *Жұмыстан қолы тимеді, мұршасы келмеді.*

**ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ** зат. *Жұмыстан қолы босамаушылық, жұмысы көп болушылық.*

**ЖҰМЫСКЕР** зат. *Жұмысшы, еңбеккер.*

**ЖҰМЫСКЕРШЕ** үст. *Жұмыскер сияқты, еңбек адамынша.*

**ЖҰМЫССЫЗ** сын. *Жұмысы жоқ, қызметсіз, еңбексіз, қарекетсіз.*

**ЖҰМЫССЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Істейтін жұмысы жоқтық, еңбексіздік, қарекетсіздік.* **2.** қоғ.-әлеум. *Елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.*

**Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы.** *Еңбекшілерді жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік қорғау нысандарының бірі.*

**ЖҰМЫСТА=** ет. жерг. *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.*

**Жұмыс жұмыстап жүр.** жерг. *Еңбек істеп әрекеттенуде.*

**ЖҰМЫСТАЛ=** ет. жерг. *Жұмыс жасалу, орындалу, істелу.*

**ЖҰМЫСТАЛУ** *Жұмыстал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫСТАН=** ет. жерг. *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.*

**ЖҰМЫСТАНУ** *Жұмыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰМЫСТАС** сын. *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес, істес.*

**ЖҰМЫСТАТ=** ет. жерг. *Жұмыс істету.*

**ЖҰМЫСТАУ** *Жұмыста етістігінің қимыл атауы: жұмыс істеу, қарекет ету.*

**ЖҰМЫСТАУШЫ** зат. жерг. *Жұмыс істеуші, еңбек етуші.*

**ЖҰМЫСТЫҚ** сын. *Жұмыс істеуге арналған.*

**Жұмыстық дене**. *Мәшинелерде энергия түрлендіру, жұмыс атқару т.б. үшін қолданылатын газ тәрізді не сұйық күйдегі зат.* **Жұмыстық (аралық) жад**. инф. <ағыл. working (intermediate) storage> а) *Мәліметтердің уақытша жинағын орналастыруға арналған компьютер жадының бөлігі.* ә) *Мәліметтерді уақытша сақтауға арналған жад – буфер.* **Жұмыстық жиын**. инф. <ағыл. working set> *Осы мезгілде процессормен пайдаланатын виртуалы жадтың беттерінің немесе деңгейлерінің жиыны.* **Жұмыстық жоба**. <ағыл. detailed design> *Жұмыстық жобалау нәтижесі, яғни әзірлеу мен сынауға дайын бұйымның жобасы.* **Жұмыстық жүктеме**. инф. <ағыл. work load> *Есептеуіш жүйеде өңдеуге енгізілген барлық программалар, мәліметтер мен командалар жиынтығы.* **Жұмыстық том.** инф. <ағыл. work volume> *Мәліметтердің тұрақты және уақытша топтарына шектеусіз қатынас құруға болатын том.* **Жұмыстық цикл**. инф. <ағыл. operational cycle> *Операциялардың толық аяқталған тізбегінің орындалу шегіндегі ең аз тұрақты уақыт аралығы.*

**ЖҰМЫСШЫ** зат. *Кәсіпорынның (фирманың, мекеменің т.б.) материалдық құндылықтар жасаумен және өндірістік қызметтер көрсетумен, жүк тасымалдаумен тікелей айналысатын жұмыскері.*

**Жұмысшы концентрациясы.** хим. *Уақыттың кез келген сәтіндегі масса алмастырғыш аппараттағы кез келген нүктеде алынған әрекеттесуші фазалардағы компоненттер концентрациясы.* **Жұмысшы қауым.** тар. совет. *Жұмысшылар тобы, табы.* **Жұмысшы табы.** тар. *Индустриялық қоғамның әлеуметтік тобы, ол көбінесе дене еңбегімен айналысатын жалдамалы адамдарды қамтиды.* **Жұмысшы топ.** инф. <ағыл. workgroup> *Жұмыс тобы – бірлесіп жұмыс істеу және олардың жүйелік ресурстарын қарап шығуды жеңілдету үшін топтастырылған есептеу мәшинелері жинағы.*

**ЖҰМШЫЛ** сын. жерг. *Ұйымшыл, бірлігі күшті.*

**ЖҰМШЫЛДЫҚ** зат. жерг. *Ұйымшылдық, бірауыздылық.*

**ЖҰНТИ=** ет. **1.** *Жұнттай болып семіру.* **2.** *Жып-жылмағай болу, жылтию.*

**ЖҰНТТАЙ** сын. **1.** *Жұп-жұмыр, семіз.* **2.** ауыс. *Жып-жылмағай, тап-таза.*

**ЖҰНТЫҚ** зат. жерг. *Жұрнақ, боларболмас қалдық.*

**ЖҰҢҚАШ** зат. өс. <лат. zuncus> *Тоғайлы жерде өсетін құрақ шөп.*

**ЖҰҢҚАШ** зат. өс. <лат. juncus> *Биіктігі 17-20 см-дей, сабақтары жіңішке, жапырақтары таспа тәрізді болып келген елекшөптің бір түрі.*

**ЖҰП**[1] сан. **1.** *Екеу, қос; пар.* **2.** *Бір-біріне тең жұбайлар.*

**Жұбын жазбады.** *Бір-бірінен ажырамады, үнемі бірге болды.* **Жұбы берік.** *Тату, ынтымақты, бірлігі күшті.* **Жұп сан.** *Қалдықсыз екіге бөлінетін бүтін сан.* **Жұп таңдау.** аулшар. *Мал тұқымын асылдандыру тәсілдерінің бірі; аналық малдың сапасын ескере отырып, одан жақсы төл алу үшін лайықты аталық малды таңдап шағылыстыру.* **Жұпты болды.** *Жұбайлы болды, үйленді.*

**ЖҰП**[2] зат. жерг. *Жан қалта.*

**ЖҰПАНА** сын. жерг. ***Жұпыны.***

**ЖҰПАР**[1] зат. <лат. muscus> **1.** *Кейбір өсімдік түрлерінен және жануарлардың (жылан, тасбақа, қолтырауын, жұпартышқан, құдыр, құндыз, ондатра т.б.) арнайы жұпар бездерінен алынатын хош иісті зат.* **2.** *Ерекше хош иіс.* **3.** *Әтір, иіс су.*

**Жұпар [хош иісті] ауа.** *Иісі жұпар аңқыған таза ауа.* **Жұпар аңқыды.** *Хош иіс айналаны алып кетті, ерекше жағымды иіс мұрын жарды.* **Жұпар атты.** *Жұпар иіс шығарды.* **Жұпар иіс.** *Аңқыған, хош иіс.* **Жұпар иісті.** *Иісі аңқыған, жағымды, хош иісті.* **Жұпар кіндік.** *Қыз-келіншек үйір келетін, жұлдызы жанып тұрған жігіт туралы айтады.* **Жұпар сабын.** *Хош иісті сабын.* **Жұпар шашты.** *Жұпар аңқыды.*

**ЖҰПАР**[2] зат. зоол. *Терісі аса бағалы аң.*

**ЖҰПАР**[3] зат. бот. *Ерекше хош иісті шөп.*

**ЖҰПАРАҒАШ** зат. бот. <лат. myristica> *Магнолиялар қатары мускат тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаш.*

**ЖҰПАРБАС** зат. өс. <лат. anthoxanthum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰПАРГҮЛ** зат. өс. <лат. origanum> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 30-60 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҰПАРЛА=** ет. сөйл. *Әтір бүрку, иіс су жағу.*

**ЖҰПАРЛАУ** *Жұпарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰПАРЛЫ** сын. *Хош иісті; жұпар аңқыған.*

**Жұпарлы бездер.** анат. *Кейбір бауырымен жорғалаушылар мен сүтқоректілердің түрі өзгерген тері бездері.*

**ЖҰПАРСЫЗ** сын. *Хош иіссіз.*

**ЖҰПАРТЫШҚАН** зат. зоол. <лат. desmana moschata> *Жәндікпен қоректенетіндер отрядына жататын, жартылай суда тіршілік ететін аң.*

**ЖҰПАРШӨП** зат. өс. <лат. platanthera> *Сүйсін тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ЖҰП-ЖУАН** сын. **1.** *Өте жуан, тым толық.* **2.** ауыс. *Қалың, үп-үлкен, тоқпақтай.*

**ЖҰП-ЖУАС** сын. *Моп-момын, тым жуас.*

**ЖҰП-ЖҰБЫМЕН** үст. *Екі-екіден, қосқосымен.*

**ЖҰП-ЖҰҚА** сын. **1.** *Тым жұқа, қалың емес.* **2.** ауыс. *Әдемі, нәзік, сүйкімді, ұлбіреген.*

**ЖҰП-ЖҰМСАҚ** сын. **1.** *Мамықтай, жұмсақ, ұлпілдек.* **2.** ауыс. *Жайдары, жайлы, сыпық, мап-майда.*

**ЖҰП-ЖҰМЫР** сын. **1.** *Тығыршықтай, топ-толық.* **2.** ауыс. *Жып-жинақы, ықшам.*

**ЖҰП-ЖҰП** үст. *Қос-қос, екеу-екеу.*

**ЖҰППА-ТАҚ** зат. ойын. *Бір затты жасырып, екінші біреуден соның жұп я тақ екендігін сұрап ойнайтын ойын түрі.*

**ЖҰПТА=** ет. **1.** *Қосарлау, пар-парлау.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені қиыстыру, құрастыру, жаттау.*

**ЖҰПТАЛ=** ет. **1.** *Бірлесе бас қосу, қатарласу, қосылу.* **2.** ауыс. *Орайласу, сәйкестену.*

**ЖҰПТАЛУ** *Жұптал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰПТАН=** ет. **1.** *Қосарлану, қабаттасу, қатарласу.* **2.** биол. *Қосылу, ұрықтану.*

**ЖҰПТАНУ** *Жұптан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰПТАС=** ет. *Қосақтасу, қосарласу, бірлесу.*

**ЖҰПТАСТЫҚ** зат. *Бірлестік, қосарластық, жұптылық.*

**ЖҰПТАСТЫР=** ет. *Екі-екіден жұптау, парлау, қосақтастыру.*

**ЖҰПТАСТЫРУ** *Жұптастыр етістігінің қимыл атауы; будандастыру.*

**ЖҰПТАСТЫРЫЛ=** ет. *Будандастырылу.*

**ЖҰПТАСТЫРЫЛУ** *Жұптастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰПТАСУ** *Жұптас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үйлену, ерлі-зайыпты болу.* **2.** *Ұрықтану.*

**ЖҰПТАУ** *Жұпта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰПТҰЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. artiodactyla> *Сүтқоректілер табынының бір отряды.*

**ЖҰПТЫ** сын. *Ерлі-зайыпты, серіктес, қосақтас.*

**Жұпты болды.** *Үйленді, жұбайлы болды.*

**ЖҰПТЫҚ** сын. *Ерлі-зайыптылық, серіктестік.*

**ЖҰПТЫЛЫҚ**[1] зат. *Ерлі-зайыптылық, серіктестік.*

**ЖҰПТЫЛЫҚ**[2] зат. физ. *Кейбір дискреттік түрлендірулер кезінде физикалық жүйенің не элементер бөлшектерінің толқындық функциясының симметриясын сипаттайтын кванттық сан.*

**ЖҰПЫНЫ** сын. *Қарапайым, қарабайыр, сұреңсіз.*

**Жұпыны киім.** *Қарапайым, арзан матадан тігілген киім.*

**ЖҰПЫНЫ-ЖҰТАҢ** сын. *Нашар, жетімсіз.*

**ЖҰПЫНЫЛАУ** сын. **1.** *Қарапайымдау, қораштау, сұреңсіздеу.* **2.** *Сыпайылау.*

**ЖҰПЫНЫЛЫҚ** зат. *Қарапайымдылық, сұреңсіздік.*

**ЖҰПЫТСУ=** ет. жерг. *Надансу, мүләйімсу.*

**ЖҰРАҒАТ** зат. **1.** *Үрім-бұтақ, әулет.* **2.** *Алыс-жақын, ағайын.*

**ЖҰРАҒАТТЫҚ** зат. *Ағайындық, туыстық.* // *Үрім-бұтаққа тәндік.*

**ЖҰРБАЙ** зат. зоол. *Дала бозторғайы.*

**ЖҰРДАЙ** есім. *Түк жоқ, құралақан, мақұрым.*

**Жұрдай болды.** *Бәрінен айырылды, түк қалмады.* **Жұрдай етті.** *Бәрінен мақрұм қылды, дым қалдырмады.* **Жұрдай қылды.** *Тып-типыл етті, жоқ қылды, жермен-жексен етті.*

**ЖҰРДАЙЛЫҚ** зат. *Түк жоқтық, дым қалмаушылық, құралақандық, мақұрымдық.*

**ЖҰРИЯТ** зат. жерг. *Жұрт.*

**ЖҰРҚА**[1] зат. көне. *Бір нәрсенің қалған қалдығы, сарқыншағы, тамтығы.*

**ЖҰРҚА**[2] *Жүн-жұрқа қос сөзінің екінші сыңары.*

**ЖҰРҚАН** зат. жерг. *Жамылатын көрпе.*

**ЖҰРНА** зат. көне. *Кедейшілік, таршылық, жоқтық.*

**ЖҰРНАҚ**[1] зат. *Бұрыннан қалған белгі, қалдық, жәдігер.*

**ЖҰРНАҚ**[2] зат. грамм. *Жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша.*

**ЖҰРТ**[1] зат. **1.** *Ел-жұрт.* **2.** көне. *Патшалық, мемлекет, ел.*

**Жұрт аяғы басылды.** *Ел орынға отырды, тынышталды.* **Жұрт аяғын ауырлады.** *Қиналды, қысылды, жақтырмады.* **Жұрт жақсысы.** *Елдің сөз ұстар, бетке шығар, игі адамдары.* **Жұрт қамы.** *Ел мүддесі, хал-жайы, ахуалы.* **Жұрт қатарлы.** *Ел сияқты, басқалар тәрізді.* **Жұрт қыран-топан.** *Барлығының ішек-сілесін қатырған күлкі.* **Жұрт сұрады [биледі].** *Ел басқарды, ел биледі, ұстады.* **Жұрттан алаботен.** *Елден ерекше, басқадан оқшауырақ.* **Жұрттан асқан.** *Елден ерек.* **Жұрт тану.** *Ел білу, көпті көру.* **Жұрттан шыққан.** кейіс. *Елден безген, жексұрын, азғын.* **Жұртты бастады.** *Халықты, елді соңынан ертті.* **Жұртын бермеді.** *Елін-жерін жауға алдырмады.*

**ЖҰРТ**[2] зат. **1.** *Көшіп кеткен елдің, ауылдың, үйдің орны, үй тіккен жер.* **2.** *Мал баққан кісінің өзі ғана отыратын, иемденіп пайдаланатын қонысы.* **3.** *Көктеу, жайлау, күзеу жайылымдарындағы мал жаятын жер, мал бағушының үйі тігілетін орын.*

**Жұрт аузына ілінді.** *Жақсы атағы шықты, жұрт мақтанышына айналды.* **Жұрт аяғы саябырлады.** *Әрлі-берлі жүріс басылып, тынышталды.* **Жұрт жаңалады.** *Бір жерден екінші жерге көшті, қоныс ауыстырды.* **Жұрт жаңғыртты [жаңартты].** *Қоныс аударды.* **Жұрт қатарына ілікті.** *Жағдайы түзелді, адам болды.* **Жұрт пікірі.** *Көптің ойы, көзқарасы.* **Жұртта қалған жұрын.** *Жарамсыз, түкке тұрмайтын кәкір-шүкір, ұсақ-түйек зат, нәрсе.* **Жұртта қалған иттей болды.** *Жабырқады, жетімсіреді.* **Жұртта қалған күшіктей ету.** *Жексұрын ету, қадірін, сүйкімін кетіру.* **Жұртта қалған қу қазықтай.** *Арық, қу сүйек, құдай.* **Жұрттан [көштен] қалған күшіктей.** *Елеусіз, жападанжалғыз, дәрменсіз.* **Жұртта қалғыр.** қарғ. *Қаңғырып айдалаға кеткір, ешкімге керек болмағыр.* **Жұртта қалды.** *Бәрінен айырылып, басы қаңғырды.* **Жұрттың [елдің] бәрі.** *Барлық адам, көпшілік.* **Жұрттың қоры болды.** *Адамның ең сорлысы, жаманы болып саналды.*

**ЖҰРТҚАМШЫЛ** сын. көне. *Жұрттың қамын ойлайтын, елшіл, көпшіл.*

**ЖҰРТТА=** ет. жерг. *Отасу, жұбайымен бірге тұру.*

**ЖҰРТТАЙ**[1] сын. **1.** *Жұрт тәрізді, ел сияқты.* **2.** *Басқалардай, әлдекімдей, кейбіреулердей.*

**ЖҰРТТАЙ**[2] сын. *Ел көшіп кеткен жердей, қоныстай.*

**ЖҰРТТЫҚ**[1] зат. *Татулық, бірлік.*

**ЖҰРТТЫҚ**[2] з а т . ж е р г . *Жұрт жәрдемі, көмек.*

**Жұрттық жолы.** *Ауызбіршілік, татулық, ынтымақ.*

**ЖҰРТША** ү с т . *Басқаларша, жұрттар сияқты.*

**ЖҰРТШЫ**[1] з а т . ә с к . *Дәстүрлі қазақ қоғамында жортуылда жүрген қарулы әскерлерге жайлы орын сайлап, оларды қондыру, түстендіру және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісімен шұғылданған әскери адам.*

**ЖҰРТШЫ**[2] з а т . з о о л . <лат. neophron percnopterus> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**ЖҰРТШЫЛЫҚ** з а т . *Бір-бірімен өзара тікелей қарым-қатынас жасамаса да белгілі бір ортақ мүдде жолында біріккен, алайда ресми түрде ұйымдаспаған топ, көпшілік қауым, ел.*

**Жұртшылық құқығы.** қ ұ қ ы қ . *Елдегі жалпы мемлекеттік мүддені қамтамасыз ететін қатынастарды реттейтін құқық салаларының жиынтығы.*

**ЖҰРЫМ** з а т . к ө н е . *Жұлын, өмір.*

**Жұрым берсін.** т і л е к . *Өмір берсін, ғұмырың ұзақ болсын.*

**ЖҰРЫН**[1] з а т . к ө н е . **1.** *Тері немесе құр терісіне ілініп қалған арық мал (қозы, тоқты т.б.).* **2.** *Сырт киімнің етегіне, жеңіне, бас киімнің айналасына жүргізген елтірі немесе аң терісі.*

**ЖҰРЫН**[2] з а т . к ө н е . *Елдегі қатардағы, қарапайым адамдар.*

**ЖҰРЫНДА=** е т . *Киімнің етек-жеңіне жұрын жүргізу, жиектеу.*

**ЖҰРЫНДАЛ=** е т . *Киімнің етек-жеңіне жұрын жүргізілу, жиектелу.*

**ЖҰРЫНДАЛУ** *Жұрындал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰРЫНДАУ** *Жұрында етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰРЫНДЫ** с ы н . *Жұрын жүргізілген, терімен жиектелген.*

**ЖҰСАҚ** з а т . *Бір жасар тау ешкісі.*

**ЖҰТ** з а т . *Ауа райының қолайсыздығынан болатын экономикалық күйзеліс, апат; жазғы қуаңшылық пен қатты қыстан аштыққа ұшыраушылық, ашаршылық.*

**Жұт болды.** *Қыс қатты болып, мал жұтады, аштан қырылды.* **Жұт жеті ағайынды.** *Жұт жалғыз бол-майды, басқа да қиыншылықтармен, табиғат апаттарымен қабаттаса жүреді деген мағынада.* **Жұт жылғы.** *Жұт, апат, қатты қыс болған жылғы.* **Жұтқа жаға жыртқызбады.** *Жұтқа жеңдірмеді, мал-жанды аман сақтады, мұртын шалдырмады.* **Жұт құрығынан құтылды.** *Жұттан аман қалды.* **Жұттан шыққан жұрындар.** *Жұттан аман қалған кедей-кепшік.* **Жұттың жұты.** *Барып тұрған әлемет.* **Жұт хабаршысы**. *Табиғаттағы аса қолай-сыз құбылыстарды (жаздағы аса құрғақшылық, қыстағы қардың шектен тыс қалың болуы, індет) жұттың жұттық белгісі деп санау.* **Жұт шақырады**. *Аса қалың қар мен боранның аяғы жұтқа айналады.*

**ЖҰТ=** е т . **1.** *Асты өңеш арқылы өткізу, қылғыту.* **2.** *Жою, жоқ қылу, басын жұту.*

**Жұтып жібергендей.** *Жұтып қоярдай; көзімен ішіп-жеп қарау туралы.* **Жұтып кеткендей.** *Жоқ қылып жібергендей.* **Жұтып қойғысы келді.** *Қатты сүйсінді, жақсы көрді.*

**ЖҰТА=** е т . **1.** *Қатты қыстан, аштықтан қырылу, апатқа ұшырау.* **2.** *Құру, біту, таусылу, түгесілу; жетіспеу.*

**ЖҰТАҒАНДАЙ** ү с т . *Жұтап қалған сияқ-ты.*

**ЖҰТА-ЖҰТА** ү с т . *Қайта-қайта қылғы-тып көп ішіп.*

**ЖҰТАҢ** с ы н . *Азып-тозған, жадау, нашар, жүдеу, кедей.*

**Жұтаң кендер.** к е н . *Құрамында күкіртті мыс, сүрме, күшән, висмут бар, бірақ пайыздық үлесі төмен, байытудың техникалық талабына сай келмейтін кендер.* **Жұтаң көмір.** г е о л . *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің VI сатысы жағдайында қалыптасқан таскөмір түрі.* **Жұтаң сана.** п е д . *Адамдардың күнделікті өмір процесінде қалыптасқан қоғамдық сананың төменгі деңгейі.*

**ЖҰТАҢДАН=** е т . *Жұтаң тарту, кедейлену.*

**ЖҰТАҢДАНУ** *Жұтаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТАҢДАУ** с ы н . *Кедейлеу, нашарлау; аздау.*

**ЖҰТАҢДЫҚ** з а т . *Тапшылық, жетіс-пеушілік, кедейлік.*

**ЖҰТАҢДЫЛЫҚ** з а т . с ө й л . ***Жұтаңдық.***

**ЖҰТАҢШЫЛЫҚ** з а т . *Ашаршылық, жоқшылық; кедейлік.*

**ЖҰТАТ=** е т . *Ашықтыру, кедейлендіру, жоқшылыққа ұшырату; азып-тоздыру.*

**ЖҰТАТУ** *Жұтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТАУ** *Жұта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТ-ЖАЛАҢ** з а т . *Ашығушылық, тапшы-лық, жоқшылық, апат, күйзеліс.*

**ЖҰТҚЫЗ=** е т . *Су, айран, сүт, қымыз т.б. тәрізді сұйық сусынды ішкізу, ұрттату.*

**ЖҰТҚЫЗУ** *Жұтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТҚЫН** з а т . қ а р а п . *Құлқын, тамақ.*

**ЖҰТҚЫНШАҚ** з а т . <лат. pharynx> **1.** а н а т . *Ас қорыту және тыныс алу жүйелеріне ортақ, пішіні түтік тәрізді етті – жарғақты мүше; ауыз қуысы мен өңештің арасындағы тамақ өтетін орын.* **2.** а у ы с . *Қара басының қамын ойлаған, өз күйін күйттеген адамдар.*

**ЖҰТҚЫШ** с ы н . *Бір нәрсені жұтып қоятын.*

**ЖҰТПА** з а т . к ә с . *Балық ұстайтын қармақ; балық жұтып қоятын кішкентай қармақ.*

**ЖҰТТЫР=** е т . *Ішкіздіру, ұрттату.*

**ЖҰТТЫРУ** *Жұттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТУ** *Жұт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТШЫЛЫҚ** з а т . с ө й л . *Жұт; ашаршылық, жоқшылық.*

**ЖҰТЫЛ=** е т . **1.** *Ішкен-жеген астың тамақтан өтуі.* **2.** *Жоқ болып кету, көрінбей кету, батып кету, өшу.*

**Жұтылу коэффициенті.** ф и з . *Монохромат-ты сәулелену ағыны затта жұтылуынан екі есе әлсірейтін, қашықтыққа кері шама .*

**ЖҰТЫЛУ** *Жұтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТЫМ**[1] з а т . *Сусын.*

**ЖҰТЫМ**[2]**: бір жұтым.** *Ауыз толтырып бір ішерлік (су, сүт т.б) сұйық зат.*

**ЖҰТЫН=** е т . **1.** *Түкірігін, сілекейін жұту.* **2.** а у ы с . *Ішіп-жеп қарау, сұқтану.* **3.** а у ы с . *Тап-тұйнақтай, қылмың қаққан.*

**Жұтынып тұрды**. *Көз тартып құлпырып тұрды.*

**ЖҰТЫНДЫР=** е т . *Көз тартатындай етіп әдемілеу, сәндеу, тап-тұйнақтай ету.*

**ЖҰТЫНДЫРУ** *Жұтындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТЫНТ=** е т . *Құлпырту, жайнату.*

**ЖҰТЫНТУ** *Жұтынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТЫНУ** *Жұтын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түкірігін, сілекейін жұту.* **2.** а у ы с . *Тамсану, таңдану.*

**ЖҰТЫНЫС** з а т . *Адамның тамақты шайнап жұтысы.*

**ЖҰТЫҢҚЫРА=** е т . **1.** *Аздап жұту.* **2.** *Ішімдік ішу, масайыңқырау.*

**ЖҰТЫҢҚЫРАУ** *Жұтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҰТЫС=** е т . *Ішісу, ішіңкіреу.*

**ЖҰТЫСУ** *Жұтыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГЕН**[1] з а т . *Атты кісінің өз ырқына көндіру үшін жылқының басына кигізетін, ауыздығы мен тізгіні бар, қайыстан жасалған әбзел.*

**Жүгенге бас сұқты**. *Ырқына көнді, бағынды, бойсұнды.* **Жүгеннің қасқасы.** *Жүгеннің маңдай жағындағы бөлігі; жүгеннің кеңсірігі мен кекілдірігін жалғастырып тұратын қайыс.*

**ЖҮГЕН**[2] з а т . ж е р г . *Әр түсті бедерсіз мата түрі.*

**ЖҮГЕНДЕ=** е т . **1.** *Жүген кигізу.* **2.** а у ы с . *Бағындыру, көндіру, дегенін істеткізу; тізгіндеу.*

**ЖҮГЕНДЕЛ=** е т . **1.** *Аттың басына жүген салыну.* **2.** а у ы с . *Бағындырылу, тізгінделу.*

**ЖҮГЕНДЕЛУ** *Жүгендел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГЕНДЕТ=** е т . *Аттың басына жүген салдырту, жүген кигіздіру.*

**ЖҮГЕНДЕТУ** *Жүгендет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГЕНДЕУ** *Жүгенде етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГЕНДЕУСІЗ** с ы н . *Жүген кигізілмеген, еркін жайылып жүрген (жылқы).*

**ЖҮГЕНДІК** з а т . *Ат басының (төбесінің) жүген тұратын жері.*

**ЖҮГЕН-ҚҰРЫҚ** з а т . *Асауды ұстауға, ауыздықтауға қажетті әбзел, жүген де, құрық та.*

**Жүген-құрықтан шыққан.** а) *Жүген-құрық тимеген асау.* ә) *Тентек.* **Жүген-құрық тимеген [көрмеді].** *Әлі үйретілмеген, шу асау, тағы; еркін.*

**ЖҮГЕН-НОҚТА** з а т . *Жылқы, түйе, сиыр малының басына салатын бас жіптері.*

**ЖҮГЕНСІЗ** с ы н . **1.** *Жүгені жоқ, жүген кигізілмеген, бос.* **2.** а у ы с . *Бетімен кеткен, тәрбиесіз, әдепсіз; қалай болса солай, берекесіз.*

**Жүгенсіз кеткен.** *Бетімен кеткен, әдепсіз, тәрбиесіз.* **Жүгенсіз кетті.** *Ешкімді тыңдамай, бағынбай тыюсыз кетті, бетімен кетті.*

**ЖҮГЕНСІЗДЕН=** е т . *Бетімен кету, тыюсыз болу, әдепсіздену.*

**ЖҮГЕНСІЗДЕНУ** *Жүгенсізден қимыл атауы.*

**ЖҮГЕНСІЗДІК** з а т . *Бетімен кеткендік, тәрбиесіздік, әдепсіздік.*

**Жүгенсіздікке салынды.** *Бетімен кетті, әдепсіз болды.*

**ЖҮГЕРМЕК** з а т . қ а р ғ . *Наразы болғанда ер балаға қарата айтылатын қарғыс.*

**Жүгермек болды.** *Жастай өлді, қыршынынан қиылды.*

**ЖҮГЕРІ** з а т . ө с . <лат. zea mays> *Бойы ұзын болып өсетін, паясын, собығын отқа жағуға болатын, жуан сабақты біржылдық дәнді дақыл.*

**Жүгері көже.** *Жүгері жармасын қайнатып, айран қосып, біраз ашытыңқырап дайындалатын жаздық сусын.* **Жүгері нан.** *Жүгері ұнынан пісірілген нан.*

**ЖҮГЕРІЛІК** з а т . *Жүгері егілетін жер; жүгері өсіп тұратын жер.*

**ЖҮГЕРІШЕ** ү с т . *Жүгері тәрізді, жүгері сияқтанып.*

**ЖҮГЕРІШІ** з а т . *Егілген жүгеріні баптап, күтуші, жүгері өсірумен айналысушы.*

**ЖҮГЕРІШІЛІК** з а т . *Жүгері егуді кәсіп ету, жүгеріші болушылық.*

**ЖҮГІН=** е т . **1.** *Екі аяғын астына баса тізерлеп отыру.* **2.** а у ы с . *Төрелігіне келу, мойынсұну.* **3.** а у ы с . *Бағыну, айтқанына көну.*

**ЖҮГІНДІР=** е т . *Бас идіру, бағындыру, көндіру.*

**ЖҮГІНДІРУ** *Жүгіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІНТ=** е т . *Адамды өзге бір кісінің алдына әкеліп бас идіру, тізе бүктіру.*

**ЖҮГІНТУ** *Жүгінт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІНУ: жүгіну хаты.** *Ресми құжаттарда қолданылатын іскери хат түрі.*

**ЖҮГІНУ** *Жүгін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІНУШІ** зат. *Бас июші, төрелігін сұраушы.*

**ЖҮГІНІС=** ет. *Тізе бүгіп отырысу.*

**ЖҮГІНІС** зат. *Біреудің алдына келіп арызшағым айтып, әділет тілеушілік; жүгінушілік.*

**ЖҮГІНІСУ** *Жүгініс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІР=** ет. **1.** *Аяғын жылдам басып алға қозғалу, бар пәрменімен зымырау.* **2.** *Аттың шабуы, жан-жануарлардың, аңдардың алға қарай оқтай зымырауы.* **3.** *Бір нәрсенің арлы-берлі қимылдап тұруы.*

**Жүгірген алмайды, бұйырған алады.** *Бұйырған кетпейді.* **Жүгірмегі майдан-ды.** *Жүгіруге күй, бап керек деген мағынада.* **Жүгірсең аяғың жетер ме?** *Алыс, шалғай жер деген мағынада.*

**ЖҮГІРГІ** зат. инф. *Компьютердің тінтуірі арқылы қозғалып қажетті операцияларды таңдауға, жүзеге асыруға арналған компьютер экранындағы белгі.*

**ЖҮГІРГІШ** сын. *Жүгіре алатын, жүгіретін.*

**ЖҮГІРГІШТЕ=** ет. *Әрлі-берлі жүгіру, шапқылау, жүгіре беру.*

**ЖҮГІРГІШТЕУ** *Жүгіргіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРЕ-ЖОРТА** үст. *Асығыс, жүгіре басып.*

**ЖҮГІРМЕ: жүгірме қашар.** жерг. *Қашатын ұргашы тайынша.*

**ЖҮГІРМЕК[1]** зат. жерг. *Адамда кездесетін аурудың бір түрі.*

**ЖҮГІРМЕК[2]** зат. сөйл. ***Жүгермек.***

**ЖҮГІРТ[1]=** ет. **1.** *Аяғын көз ілеспестей өте шапшаң бастырып, зыр қақтыру, зымырату.* **2.** кәс. *Өрмек жібін құру.*

**ЖҮГІРТ[2]=** ет. жерг. *Жұмсау, пайдалану.*

**ЖҮГІРТКІ** зат. инф. <лат. scroll box> **1.** *Айналдыру жолағында орналасқан кішігірім төртбұрыш.* **2.** *Экран терезесінің шет (оң жақта және ең төменгі қатарда) жағында орналасқан, жұмыс алабындағы көлемді бейнелерді, мәтінді көру мақсатында оларды оңға, солға (жоғары, төмен) жылжыта арналған бағыттауыш батырмалар арасында орналасқан төртбұрышты батырма (П).*

**ЖҮГІРТПЕ** зат. *Өрмек тоқу құралы.*

**ЖҮГІРТПЕШІ: жүгіртпеші саудагер.** *Делдал, арада екі жақты келістіріп, саудаласып жүріп, сонысы үшін өзі арадан пайда табатын саудагер адам.*

**ЖҮГІРТТІР=** ет. *Ат шаптыру.*

**ЖҮГІРТТІРУ** *Жүгірттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРТУ** *Жүгірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРТІҢКІРЕ=** ет. *Аздап жүгірту, желдірту.*

**ЖҮГІРТІҢКІРЕУ** *Жүгіртіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРТІС=** ет. *Бәйгеге ат жіберісу, жарыстыру.*

**ЖҮГІРТІСУ** *Жүгіртіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРУ** *Жүгір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРУШІ** зат. *Жүгіретін адам.*

**ЖҮГІРІК** сын. *Жүйрік.*

**ЖҮГІРІЛ=** ет. кәс. *Жүргізілу, тартылу (жіп туралы).*

**ЖҮГІРІЛУ** *Жүгіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮГІРІНДІ** сын. *Жүгіріп жүретін, алып кел, барып кел (адам), бір жерде тұрақтап отырмайтын.*

**ЖҮГІРІС** зат. *Ары-бері жүгіргендік, арыбері жүгірген сапырылыс.*

**ЖҮГІРІС=** ет. *Ары-бері шапқыласу, жүгіре ұмтылысу, зымырасу. // Жүгірген қимылқозғалыстары.*

**ЖҮГІРІСУ** *Жүгіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮДӘ** [ар. جدا ] үст. жерг. *Өте, тым, аса, тіпті.*

**ЖҮДЕ=** ет. **1.** *Арықтау, азу.* **2.** ауыс. *Жабырқау, мұңаю, қайғыру.* **3.** ауыс. *Азыптозу, күйзелу.*

**ЖҮДЕМЕДЕТЕ** үст. ***Жүдемелете*** *(үстіүстіне).*

**ЖҮДЕМЕЛДЕТЕ** үст. *Үсті-үстіне, бірінен соң бірін.*

**ЖҮДЕМЕЛЕТЕ** үст. сөйл. ***Жүдемелдете.***

**ЖҮДЕҢ[1]** сын. *Жүдеулеу, арықтау, арық; жадап-жүдеген, арықтаған, азып-тозған.*

**Жүдең тартты.** *Жүдеді, азды.*

**ЖҮДЕҢ[2]** сын. *Аз, сирек.*

**ЖҮДЕҢКІ** сын. **1.** *Азыңқы, жүдеу.* **2.** *Азырақ, сирек; сапасыз.*

**ЖҮДЕҢКІРЕ=** ет. **1.** *Аздап жүдеу, арықтау, азып-тозу.* **2.** ауыс. *Күйі кету, азып-тозу.* **3.** ауыс. *Жабырқау, кею, налу, мұңаю.*

**ЖҮДЕҢКІРЕУ** *Жүдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮДЕП-ЖАДАП** үст. *Арып-ашып, азыптозып.*

**ЖҮДЕТ=** ет. **1.** *Арыту, салмақ тастату.* **2.** *Аздырып-тоздыру.* **3.** ауыс. *Жабырқату, мұңайту, санамен сарғайту.*

**ЖҮДЕТУ** *Жүдет етістігінің қимыл атауы; арыту, салмақ тастату.*

**ЖҮДЕУ[1]** *Жүде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арықтау, салмақ тастау.* **2.** ауыс. *Мұңаю, жабырқау.*

**ЖҮДЕУ[2]** сын. **1.** *Арықтау, азғындау.* **2.** ауыс. *Жұпыны, қарапайым.* **3.** ауыс. *Көңілсіз, қолайсыз, сұрқай.*

**Жүдеу ауыл.** *Шаруасы күйзелген, азыптозған кедей ауыл.* **Жүдеу жүз.** *Көңілсіз, мұңды, түнжыраған түр, кейіп.* **Жүдеу күй.** *Жұпыны, қарапайым қалып.* **Жүдеу тартты.** а) *Қоюланды, түнерді.* ә) *Кедейленді, жұтаңданды.* **Жүдеу тірлік [тіршілік].** *Күнделікті күйкі, жұпыны тұрмыс, азып-тозған тұрмыс-тіршілік.* **Жүдеу шоқпыт жоқшылық.** *Сіңірі шыққан кедейлік, әбден азып-тозғандық.* **Жүдеу шырайын ашты.** *Жағдайын көтерді, көмектесті.*

**ЖҮДЕУБАС** сын. *Азған, жүдеген.*

**ЖҮДЕУБАСТАН=** ет. *Азып-тозып кету.*

**ЖҮДЕУБАСТАУ** сын. *Арықтау, жүдеулеу.*

**ЖҮДЕУБАСТЫҚ** сын. зат. *Жүдегендік, азғандық, әлсірегендік.*

**ЖҮДЕУ-ЖАДАУ** сын. *Жүдеген, нашар.*

**ЖҮДЕУ-ЖАДАУЛЫҚ** зат. *Азып-тозғандық, нашарлағандық.*

**ЖҮДЕУ-ЖҰТАҢ** сын. *Жүдеген, әлсіреген, азып-тозған.*

**ЖҮДЕУЛЕН=** ет. *Жүдеу, азу.*

**ЖҮДЕУЛЕНУ** *Жүдеулен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮДЕУЛЕУ** сын. **1.** *Арықтау, азғындау.* **2.** ауыс. *Жұпынылау, тапшылау.*

**ЖҮДЕУЛІК** зат. **1.** *Жүдегендік, арықтық.* **2.** ауыс. *Күйсіздік, жадаулық, нашарлық.*

**ЖҮДЕУШІЛІК** зат. *Жүдегендік, азыптозғандық, жоқшылық, жетіспегендік.*

**Жүдеушілік кірді.** *Қиыншылық келді, жоқшылық жайлады.*

**ЖҮЗ[1]** зат. көтерің. *Адамның беті, өңі, түрі, түсі; ажар, көрік, шырай.*

**Жүз аудармады.** *Бетін, назарын бұрмады.* **Жүз бермеді.** *Ыңғай бермеді, көнбеді.* **Жүз жиырма төрт мың әнбие [пайғамбар].** діни. *Күллі пайғамбар деген мағынада.* **Жүз жылғы.** *Баяғыдағы, есте жоқ заманғы.* **Жүз жыртысты.** *Ұрысты, айтысты, тартысты, араздасты, ренжісті.* **Жүз көрсетті.** *Келіп кетті, жолықты, кездесті.* **Жүз көріс қылды.** *Танысты, дидарласты.* **Жүз көріспеді.** *Араз болды, араздасты.* **Жүз көрісті.** *Кездесті, бірімен-бірі бетпе-бет жолықты.* **Жүз пара.** *Жақынға, бет көрсе, жүз ұялар ағайынға тартар билік.* **Жүз салды.** *Беттің суын бес төкті, өтінді.* **Жүз салдырды.** *Кіріптар қылды, басын игіздірді, дәрежесін төмендетті.* **Жүз тайдырды.** *Бетін теріс бұрды, теріс қарады, бетіне қарамады, жақтыртпады.* **Жүз таныс.** *Бір жерде көрген кісі, таныс сияқты; күнде көріп жүрген, танымал.* **Жүз таса қылу.** *Бойын аулаққа салу, безу.* **Жүз тоқтатты.** *Көңіл аударды, қарады.* **Жүз түтты.** жерг. *Бетке ұстады, арқа сүйеді.* **Жүз шайысты.** *Бір-бірімен сөзге келді, ұрысты.* **Жүзі ашық.** *Жылы жүзді, жайдары, жақсы ниетті.* **Жүзі ду етті.** *Беті қызарып кетті.* **Жүзі [гүл-гүл] жайнады.** *Реңі құлпырды.* **Жүзі жайнап сала берді.** *Қатты қуанды, шаттанды.* **Жүзі жанбады.** *Қысылып-қымтырылмады, тайсалмады, шімірікпеді, ұялмады.* **Жүзі жанбай отырды.** *Міз бақпады, бет-аузы шылп етпеді, ұялмады.* **Жүзі жапырылды.** жерг. *Қысылды, ұялды.* **Жүзі жарқ етті.** а) *Бет-әлпеті көріне кетті.* ә) *Қуанып кетті, бетінде шаттық оты ойнады.* **Жүзі жарқын.** а) *Ақжарқын, ақкөңіл, жақсылық ойлағыш, ниеті таза.* ә) *Мерейі үстем, ел бетіне қарайтын жағдайда.* **Жүзі [өңі, кескіні] жүдеу.** *Көңілсіз, қаяулы; арық.* **Жүзі жылы.** *Жайдары, жылы шырайлы, мейірімді.* **Жүзі жылыды.** *Түсін жылытты, жүзіне қан жүгірді, қатуланғанын қойды, райынан қайтты; мейірленді, көңілденді.* **Жүзі күйгір.** қарғ. *Қарабет болғыр.* **Жүзі күймеді.** *Шімірікпеді, ұялмады.* **Жүзі қайтты.** а) *Тайсалды, қаймықты.* ә) *Орақ, ұстара, пышақ т.б. жүзі жапырылып, өтпей қалды.* **Жүзі қара.** қарғ. *Ұятсыз, арсыз, қара бет.* **Жүзі қуарды.** *Өңі қашты, түсі бозарып кетті.* **Жүзі құқылданды.** *Түсі қашты, беті құпқу болып кетті.* **Жүзі құлпырды.** *Жүзі гүлдей жайнады.* **Жүзін аударды.** *Бетін басқа жаққа бұрды.* **Жүзін бір көрді.** *Соңғы рет көрісті; бір көріп арманына жетсе.* **Жүзінде мұң бар.** *Көңілі жабырқау, қаяулы, мұңды.* **Жүзіне жылы қарады.** *Жылы шырай танытты.* **Жүзіне қан толды.** *Жүзі күреңітті.* **Жүзінен әр тайғанда.** *Бетінің қызылы кеткен, өңі тайған кезде, қартайғандар.* **Жүзінен оқыды.** *Өңіне қарап бәрін түсінді.* **Жүзіне нұр жүгірді.** *Көңілденді, жүзі жылыды.* **Жүзінен ұялды.** *Жүзіне қарауға ұялды.* **Жүзінен нұр таймаған.** *Өңін бермеген, ажарын жоғалтпаған.* **Жүзінен шайлықты.** *Бетіне қарауға шыдамады, тайсалды, қаймықты.* **Жүзіне тура қарады.** *Именбеді, ұялмады, жүзі шімірікпеді.* **Жүзін жасырды.** этн. *Бетін жапты, көмді [Өлікке байланысты айтылады].* **Жүзін өрт шалды.** *Жүзі өрт сөндіргендей болды, түтікті, ызаланды.* **Жүзін салқындатты.** *Түсін суытты, салқын қабақ танытты.* **Жүзінің суын төкті.** *Бетінің суын бес төкті, масқаралады.* **Жүзі солды.** а) *Жүдеді.* ә) *Ұятқа қалды, назары төмен болды.* **Жүзі суық.** *Шырайы салқын, ызғарлы.* **Жүзі сынық.** а) *Сыпайы, инабатты, ұятты.* **Жүзі түнерді.** *Қабағы түйілді, жүзін салқындатты, түрін қатайтты.* **Жүзі шыдады.** *Именбеді, ұялмады.* **Жүзі шыдамады [шыдаған жоқ].** *Дәті жетпеді, именді, ұялды, қаймықты.* **Жүзі шімірікпеді [шіміркенбеді].** *Еш нәрседен именбеді, ұялмады.* **Жүзі ширкеулі.** *Біреудің алдында ұятты, айыпты, кінәлі.*

**ЖҮЗ[2]** зат. *Кесу не шабу құралдарының өткір жағы.*

**ЖҮЗ[3]** зат. *Бір нәрсенің беті, бет жағы.*

**ЖҮЗ[4]** сан. *Тоқсан тоғыздан кейінгі есептік сан, он ондық.*

**Жүз батпан.** *Өте салмақты, ауыр; маңызды.* **Жүзден бірі.** *Тең бөлінген жүз бөліктің бір бөлігі.*

**Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.** *Таңдаулы, озат, ерен.* **Жүзден озған.** *Көптен озған.* **Жүзден озған жүйрік.** *Топтан, жұрттан суырылып, шыққан өнерлі, елден ерек.* **Жүзден озған жүйріктей.** *Бәйгеден келген аттай, жаратылған жүйрік ат сияқты.* **Жүзді айдап, бірді жетеледі.** *Дүниені алшысынан басар, мыңғырған бай болды.* **Жүздің белін сындырды.** б е й н . *Жүз жасады, жүз жасқа келді деген мағынада.* **Жүз жиырма.** э т н . *Қалың малға берілген малдың ұзын саны. [Әдетте «жүз жиырманы» дәулетті байлар ғана бере алған. Тарата айтқанда: қырық нар, қырық қысырақ, қырық жорға (немесе жылқы), жиыны – жүз жиырманы құраған].* **Жүз жиырма төрт мың әнбие [пайғамбар].** д і н и . *Күллі пайғамбар деген мағынада.* **Жүз келіп, жүз кетті.** *Көп рет келді, көп әуре болды.* **Жүз қайтара [қабат].** *Әлденеше рет, қайта-қайта.* **Жүз қаралы [қаралыдай, шамалы].** *Жүзге жақын, жүзге жуық.* **Жүз саққа соқтырды [жүгіртті].** *Құбылтты, түрлентті.* **Жүз толғанды.** *Мың бұралды; шиыршық атты.* **Жүз құбылды.** *Әлденеше өзгерді.*

**ЖҮЗ**[5]**: жүзін беру.** э т н . *Қайтыс болған адамның жерленгеніне жүз күн толуына байланысты ас беріп, еске алып, құран оқыту дәстүрі.*

**ЖҮЗ**[6] з а т . э т н . т а р . *Қазақтардың байырғы кезде жер ыңғайы мен ру-тайпалық жақындығына қарай үшке бөлінген тарихи бірлестігі.*

**ЖҮЗ**[7] з а т . *Бір апта, бір күн, бір ай, бір жыл.*

**ЖҮЗ=** е т . **1.** *Балықтың су ішінде жүзуі, қанат-құйрығының күшімен арлы-берлі қозғалуы.* **2.** *Су құстарының су бетінде бауырын төсеп, аяғын қозғап, арлы-бері қалқуы.* **3.** *Адамның қол-аяғының қимылымен батып кетпей, су бетімен ілгері жылжуы, малтуы.* **4.** *Қайықтың, кеменің су бетінде қозғалып жылжуы.*

**Жүзіп өтті**. *Арғы бетке өтті.* **Жүзіп ішті**. *Қанып ішті, еркін сімірді.*

**ЖҮЗБАСЫ** з а т . т а р . к ө н е . *Әрбір жүз адамның басшысы.*

**ЖҮЗБЕ: жүзбе док.** с у ш а р . *Кеменің су асты бөлігін байқау және жөндеу үшін жабдықталатын имарат.* **Жүзбе тасындылар.** с у ш а р . *Ағыспен жүзінді түрінде тасымалданатын қатты бөлшектер.*

**ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ** ү с т . *Бетпе-бет, көзбе-көз.*

**Жүзбе-жүз сөйлесті [тілдесті].** *Көзбе-көз сөйлесті.*

**ЖҮЗБЕЛІ** с ы н . *Жүзіп жүретін.*

**Жүзбелі база.** *Кемелер құрамаларын (сүңгуір қайықтар, катерлер), су ұшақтарын жөндеу мен күтуге, материалдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуге арналған көмекші кеме.* **Жүзбелі инженерлік мина.** ә с к . *Жүзіп жүрген, аласа және су астындағы көпірлерді, гидротехникалық құрылыстарды құрта алатын, сонымен қатар кемелерді, өткелден өту құралдары мен жүзгіш мәшинелерін жоюға арналған мина.* **Жүзбелі көпір.** с у ш а р. *Паромдық-көпірлік құрылғылардан суда құрастырылатын көпір.* **Жүзбелі танк.** ә с к. *Алдын ала дайындықсыз және қосымша жабдықсыз су бөгеттерінен жүзе алатын және жүзіп келе жатып атыс жүргізе алатын ұрыс машинасы.* **Жүзбелі теңіз минасы.** ә с к . *Гидростатикалық аспаптың және басқа да құрылғылардың көмегімен белгілі бір тереңдікте жүзіп жүретін зәкірсіз мина.*

**ЖҮЗБЕАҒЗА** з а т . <грек. cektos> *Судың қалың қабатында ағысқа қарсы белсенді жүзетін ағзалар жиынтығы.*

**ЖҮЗГЕН** з а т . ө с . <лат. calligonum> *Шөл және шөлейтті, құмды жерлерде өсетін тамыры ұзын, құрғақшылыққа төзімді аласа бұталы өсімдік.*

**ЖҮЗГІЗ=** е т . *Суда жүздіру.*

**ЖҮЗГІЗУ** *Жүзгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЗГІНДЕР** з а т . *Дисперстік фаза мен дисперсиялық орта тығыздықтарының аздаған айырмашылықтарына сай седиментация процесі өте баяу жүретін суспензиялар.*

**ЖҮЗГІШ** с ы н . *Жақсы жүзе білетін, малтығыш.*

**Жүзгіш бронетранспортерлар.** ә с к . *Мотоатқыштық бөлімшелерді құрлықта тасымалдау, атыс жүргізу және су кедергілері арқылы өткелден өтуге арналған ұрыс мәшинесі.* **Жүзгіш мәшинелер.** ә с к . *Алдын ала дайындықсыз су бөгеттерінен өте алатын ұрыстық және көліктік (доңғалақты немесе шынжыр табанды) құралдар.* **Жүзгіш танк.** ә с к . *Су тосқауылдарын жеңуге қабілетті жеңіл танк.*

**ЖҮЗГІШТІК** з а т . *Жақсы жүзе білетіндік.*

**ЖҮЗДЕГЕН** с а н . *Жүз шақты, жүзге тарта, жүздей.*

**ЖҮЗДЕЙ** с а н . *Жүз шақты, жүзге тарта.*

**ЖҮЗДЕН** ү с т . *Санын жүзге толтырып.*

**ЖҮЗДЕП** ү с т . *Жүз-жүздеп, жүз-жүзге бөлініп.*

**ЖҮЗДЕП-МЫҢДАП** ү с т . *Жүз-жүздеп, мың-мыңдап.*

**ЖҮЗДЕС=** е т . *Кездесу, ұшырасу, бетпе-бет жолығу.*

**ЖҮЗДЕСТІР=** е т . *Кездестіру, жолықтыру.*

**ЖҮЗДЕСТІРУ** *Жүздестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЗДЕСУ** *Жүздес етістігінің қимыл атауы; кездесу, жолығысу, ұшырасу.*

**ЖҮЗДІ**[1] с ы н . *Жүзі (1) бар; бейнелі, бетті.*

**ЖҮЗ-ДИДАР** з а т . *Адамның бет-әлпеті, сыртқы бейнесі.*

**ЖҮЗДІ**[2] с ы н . *Жүзі бар, жүзі өткір.*

**ЖҮЗДІК**[1] з а т . *Жүз адамнан құралған жасақ.*

**ЖҮЗДІК**[2] з а т . *Математикадағы сандық кластар тобы.*

**ЖҮЗДІК**[3] з а т . к ә с . *Жабыла келе, жүз шөмеле шөп шабатын адамдар тобы.*

**ЖҮЗДІКШІ** з а т . *Жүз шөмеле шөп шабуға келіскен пішеншілердің (шөпшілердің) бірі.*

**ЖҮЗДІР=** е т . *Жүзгізу, суда жүргізу.*

**ЖҮЗДІРУ** *Жүздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЗДІРУШІ** з а т . *Жүздіруді іске асырушы, жүздіретін.*

**ЖҮЗЕ: жүзеге асты.** *Іске асты, орындалды.*

**ЖҮЗ-ЖҮЗДЕН** ү с т . *Жүз-жүзге бөліну, әрқайсысы жүзден.*

**ЖҮЗ-ЖҮЗДЕП** ү с т . *Жүз-жүзден топтап, бірнеше жүздеп.*

**ЖҮЗТАНЫС** с ы н . *Көріп жүрген, ұшырастырып жүрген (адам).*

**ЖҮЗТАНЫСТЫҚ** з а т . *Көріп жүргендік, танитындық.*

**ЖҮЗУ** *Жүз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЗІК** з а т . қ о л ө н е р . *Қымбат металдан құйылып, сыртқы бетіне сіркелеу, лажылау, бағдарлау тәсілдерімен сәнді өрнектер салынған және әсем зерленіп, асыл тастардан бірнеше көз салынған, саусаққа киюге арналған зергерлік бұйым, сақина.*

**Жүзікке қас қондырғандай.** *Әдемі, сәнді.* **Жүзік қию.** к ә с . ж е р г . *Жүзік соғу; алтын мен күмістен жүзік жасау.* **Жүзіктің көзінен өткендей.** а) *Сымбатты, келбетті, мүсінді, әдемі.* ә) *Ширақ, еті тірі, пысық.* **Жүзіктің қасы.** з е р г. *Көбінесе «қосбауыр-сақ», «құдаги жүзік» деп аталатын жүзіктерде болатын асыл тас, жүзіктің көзі [Жүзіктің қасы үлкен жүзіктерде бірнешеу болады].* **Жүзіктің қоңырауы.** з е р г. *Жүзікке бекі тілетін, күміс шынжыр арқылы білезікпен байланысатын қоңыраушалар.*

**ЖҮЗІКТЕЙ** с ы н . *Жүзік сияқты, жүзік тәрізді.*

**ЖҮЗІҚАРА** с ы н . *Оңбаған, кәззап. // Сорлы, бейшара, масқара болған адам.*

**ЖҮЗІМ** з а т . ө с . <лат. vitis> **1.** *Үлкен жапырақты ұзын бұтақтары бар бау-бақша өсімдігі.* **2.** *Сол өсімдіктің шырынды жемісі.*

**Жүзім бағы.** *Жүзім отырғызылған бір бөлек жер, бақ.*

**ЖҮЗІМДІК** з а т . *Жүзім өсірілетін жер.*

**ЖҮЗІМПАЗ** с ы н . *Жүзгіш, жақсы жүзе алатын.*

**ЖҮЗІМШІ** з а т . *Жүзім шаруашылығында (жүзімдікте) жұмыс істейтін адам.*

**ЖҮЗІНДІ** з а т . *Суда, ауада жүзіп (қалқып) жүретін зат.*

**ЖҮЗІНШІ** с а н . *Жүз санының реттік түрі.*

**ЖҮЗІС** з а т . *Суға жүзгендік, малтығандық; жүзудің әдіс-тәсілі.*

**ЖҮЗІТ=** е т . ж е р г . *Суға жүздіру.*

**ЖҮЗІТУ** *Жүзіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙЕ** з а т . **1.** *Сала, тарау, желі.* **2.** *Жөн, рет, тәртіп.* **3.** т е р м . <грек. systema> *Бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы.* **4.** *Қандай да бір білімдердің (ұғымдардың, болжамдардың, аксиомалардың, ережелердің, теориялардың, ғылым-білімдердің) шеңбері негізінде жататын принциптер жиынтығы.* **5.** *Қандай да бір нысандардың әрекеттеріндегі, орналасуындағы немесе байланысындағы анықталған тәртіп.* **6.** *Әлденені ұйымдастыру формасы.* **7.** *Құрылымның, құрылғының типі.*

**Жүйе архитектурасы.** и н ф . <ағыл. system architecture> *Жүйенің пайдаланушымен және сол жүйенің ішкі құрауыштарымен (құраушыларымен) өзара байланысу ерекшеліктері.* **Жүйе әкімшісі.** и н ф . <ағыл. system administrator> *Жүйені пайдалануға және оны жұмыс істейтін күйінде сақтауға жауап беретін адам.* **Жүйе бейнесі.** и н ф . <ағыл. system image> *Келесіде жүктеу мен іске қосу үшін сыртқы жадта сақталған, орындалатын тапсырмалары және жүктелген операциялық жүйесі бар компьютердің жедел жадының қалып-күйі.* **Жүйеге салу.** *Тәртіпке келтіру, реттеу.* **Жүйеге салыну.** *Реттелу, тәртіпке келтіру.* **Жүйеден тыс бірліктер.** ф и з . *Шамалардың қазіргі бар бірліктер жүйесінің ешқайсысына енбейтін бірліктері.* **Жүйеден шығу.** и н ф . *Жүйені тұтынушының (пайдаланушының) жұмыс істеу ретінің аяқталуы.* **Жүйеде тіркелу процесі.** и н ф . <ағыл. logon process> *Пайдаланушылардың жүйеде тіркелу әрекеттерін өңдеу процесі.* **Жүйе икемділігі.** и н ф . <ағыл. system flexibility> *Жүйені модификациялау, кеңейту және оған жаңа сапа беру мүмкіндігінен тұратын жүйенің қасиеті.* **Жүйені баптау.** и н ф . <ағыл. system tuning> *Жүйенің қызметтік сипаттамаларын анықтау, жақсарту мақсатымен оны қолдану параметрлерін өзгерте отырып, оны жаңа жұмыс жағдайына бейімдеу.* **Жүйені жабу.** и н ф . <ағыл. shutdown> *Нақты уақыт жүйесі жұмысының тоқталуы.* **Жүйені жалпы босату.** и н ф . <ағыл. system reset> *Мультипроцессорлық жүйеде орталық процессорды тазалай отырып босату.* **Жүйені жобалау метрикасы.** и н ф . *Жүйенің көңіл-күйі өзгерістерінің фазалық жолын анықтайтын және оған барабар геометриялық кеңістікте жүйені сипаттауға пайдаланылатын түрлендірулер тобы.* **Жүйені жүзеге асыру.** и н ф . <ағыл. system implementation> *Жүйе жобасын жұмыс істеуге қабілетті бұйым түрінде іске асыру.* **Жүйені жүктеу.** и н ф . <ағыл. system loading> *Жүйе модульдерін компьютердің сыртқы жадынан (дискіден) негізгі жедел жадқа жазу.* **Жүйені кеңейту.** и н ф . <ағыл. system extension> *Жүйенің мүмкіндігін кеңейту мақсатымен оған жаңа модульдер мен құрауыштар үстемелеу.* **Жүйені қорғау.**

и н ф . <ағыл. system security> *Бағдарламалар мен жүйе мәліметтеріне рұқсатсыз қатынас құруды болдырмауға немесе жүйе жұмысына араласпауға күні бұрын жасалған шаралар жиынтығы.* **Жүйені молықтыру.** и н ф . <ағыл. system saturation> *Барлық түскен сұратуларға жеткілікті мөлшерде тез жауап бере алмайтын жүйенің қалып-күйі.* **Жүйенің артықтығы.** и н ф . <ағыл. system redundancy> *Жүйенің сенімділігін және қорғанысын арттыратын, бірақ оған жүктелген мәселелерді шешуге қажет емес қосымша құралдар (элементтер, троптар, блоктар, бағдарламалар, мәліметтер).* **Жүйенің атауын тағайындау.** и н ф . <ағыл. system initialization> *Операциялық немесе басқа жүйелерді іске қосу кезінде алдын ала орындалатын әрекет.* **Жүйенің даярлығы.** и н ф . <ағыл. system availability> *Жұмыс қалып-күйіндегі жүйенің өз функцияларын орындау қабілетінің өлшемі.* **Жүйенің есептеу ресурсы.** и н ф . <ағыл. computer resurs system> *Белгілі бір уақыт аралығы ішінде мәліметтерді өңдеу процесіне бөлінетін есептеу жүйелерінің құралы.* **Жүйенің жеделдігі.** и н ф . <ағыл. system operativeness> *Берілген мерзімде немесе пайдаланушының жұмыс қарқынында мәліметтерді өңдеу мүмкіндігін бейнелейтін жүйе қасиеті.* **Жүйенің осалдығы.** и н ф . <ағыл. criticality of system> *Жүйенің қауіп төнген кезде қорғанысының бұзылуына себепші болатын қасиеті.* **Жүйенің тиімді режимі.** и н ф . <ағыл. system production mode> *Бағдарламаны жөндеу мен тестілеу құралдары ажыратылған операциялық жүйенің жұмыс режимі.* **Жүйені тексеріп шығу.** и н ф . *Қорғау құралдарының жүйесінде қарастырылған рұқсатсыз қатынас құруға салынған тыйымды ескерместен пайдаланушының мәлімет алу әрекеті.* **Жүйе сипаттамасы.** и н ф . <ағыл. system specification> *Жүйенің өнімділігін, шапшаң әрекетін, бір мезгілде қызмет ететін пайдаланушылар санын, бағасын және т. б. мүмкіндіктерін анықтайтын параметрлердің жиынтығы.* **Жүйесін тапты.** *Реті келді, жөні келді.*

**ЖҮЙЕ**[2] з а т . *Жүйке, нерв.*

**Жүйесі босады.** *Егіліп, елжіреді, мейірі түсті, алпыс екі тамыры иіді.* **Жүйе босатар.** э т н . *Көңілін аулау, көңілін жібіту мақсатымен берілетін кәделі сыйлық.*

**ЖҮЙЕ-ЖҮЙЕ** с ы н . *Сала-сала, тарау-тарау.* **Жүйе-жүйесі босады.** *Егілді, елжіреді, мейірленді.*

**ЖҮЙЕ-ЖІК** з а т . *Бір нәрсенің реті, жөні, тәртібі.*

**ЖҮЙЕК** з а т . **1.** *Егістіктегі су ағатындай етіп жасалған арықшалардың екі жағы, топырақ жоталары, арықшалар; егістіктің қатар жолы.* **2.** с у ш а р . *Жүйектеп егілетін егін арасымен су тасымалдап суару үшін жүргізілетін арықша, отамалы дақылдарды суаруға арналған көп тараған тәсіл.*

**Жүйек басы жабдықталды.** с у ш а р . *Жүйекке су беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.* **Жүйек басын жабдықтау.** с у ш а р . *Жүйекке су беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.*

**ЖҮЙЕКСІЗ** с ы н . *Арықша тартылмаған, жүйек салынбаған, жүйегі жоқ.*

**ЖҮЙЕКТЕ=** е т . *Арықша жүргізу, жүйек салу.*

**ЖҮЙЕКТЕГІШ** з а т . т е х . *Жүйек қазғыш құрал.*

**ЖҮЙЕКТЕУ** з а т . с у ш а р . *Жыртылған жер бетінен жауын-шашынның суларын басқа жаққа бұрып әкету үшін топырақ бетіне тереңдігі 15–25 см атыздар жасалатын агромелиорациялық тәсіл.*

**ЖҮЙЕКТЕУ** *Жүйекте етістігінің қимыл атауы; арықшалар жүргізу.*

**ЖҮЙЕКТІ** с ы н . *Жүйек жүргізілген, жүйегі бар.*

**ЖҮЙЕҚҰРАУШЫ** с ы н . *Басын біріктіретін, жүйеге түсіретін.*

**ЖҮЙЕЛЕ=** е т . *Жүйеге түсіру, реттеу, тәртіпке салу.*

**ЖҮЙЕЛЕМЕ** з а т . *Жүйе, топтама, талданым.*

**ЖҮЙЕЛЕН=** е т . *Жүйеге түсірілу, ретке, тәртіпке келтірілу.*

**ЖҮЙЕЛЕНУ** *Жүйелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙЕЛЕНІМ** з а т . б и о л . *Биологияның Жер бетінде тіршілік ететін барлық ағзалардың және бұрын тіршілік еткен ағзалардың қазба қалдықтарының туыстық қарым-қатынасын, олардың жеке түрлері мен түрлер тобының байланысын зерттейтін саласы.*

**ЖҮЙЕЛЕС** с ы н . *Жүйесі бір, бір сарындас.*

**ЖҮЙЕЛЕУ** *Жүйеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙЕЛІ** с ы н . *Жүйесі бар, жүйеленген, сараланған, тәртіпке түскен.*

**Жүйелі атыс.** ә с к . *Артиллериядан белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын ату тәртібі.* **Жүйелі кітапхана.** и н ф . а) *Жүйелі каталогта тіркелген кітапхана, яғни мәліметтердің каталогтандырылған жиынтығы;* ә) *Операциялық жүйенің модульдері сақталатын кітапхана.* **Жүйелі қателер.** т е х . *Өлшеуіш аспаптардың (приборлардың) дұрыс қойылмауы, сыртқы ортаның әсерінен (жел, жауын, атмосферадағы жарық сәулесінің сынуы, т.б.) болатын қателер.*

**ЖҮЙЕЛІ-ЖҮЙЕСІЗ** с ы н . *Әрі жүйелі, әрі жүйесіз, аралас.*

**ЖҮЙЕЛІК** с ы н . *Жүйеге тән, жүйеге қатысты.*

**Жүйелік атау.** и н ф . <ағыл. system name> а) *Жүйенің атауы.* ә) *Стандарт ретінде пайдаланылатын есептеуіш жүйе (құрылғы, бағдарламалар) элементінің атауы.* **Жүйелік атырап.** и н ф . <ағыл. system area> *Файлдармен жұмыс кезінде операциялық жүйе пайдаланатын магниттік дискінің бас жағында орналасқан аймақ.* **Жүйелік бағдарлама.** и н ф . <ағыл. system program> *Операциялық жүйенің мүмкіндіктерін арттыратын және ақпараттық жұмыстардың қандай түрін болса да басқаратын бағдарлама.* **Жүйелік бағдарламалау.** и н ф . <ағыл. system programming> *Бағдарламалауды және компьютер пайдалануды едәуір жеңілдететін қызмет көрсеткіш бағдарламалар жүйесі; ортақ бағдарламалық жасақтаманы: операциялық жүйелерді, бағдарламалау жүйелерін, сондай-ақ ортақ міндет жүктелген қолданбалы бағдарлама дестелерін әзірлеу.* **Жүйелік бағдарламалық жасақтама.** и н ф . <ағыл. system sof tware> *Компьютерді пайдалану мен техникалық қызмет етуге, есептеу жұмыстарын ұйымдастыру мен қолданбалы бағдарламалар әзірлеуді автоматтандыруға арналған бағдарламалық жасақтама.* **Жүйелік бағдарламашы.** и н ф. <ағыл. systems programmer> *Жүйелік бағдарламалық жасақтаманы әзірлеумен, пайдаланумен және сүйемелдеумен айналысатын бағдарламашы.* **Жүйелік блок.** и н ф . <ағыл. system block> *Дербес компьютердің негізгі электрондық құрылғылары (процессор, жедел жад, дискілер және бақылаушылар) мен қоректендіру блогы орналасқан орын.* **Жүйелік дискет.** и н ф . <ағыл. system disk> *Операциялық жүйенің өзінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін файлдар (жүйелік файлдар) мен командалық процессор сақталатын иілгіш диск (дискет).* **Жүйелік енгізу бағдарламасы.** и н ф . <ағыл. system input program> *Магниттік таспадан, магниттік дискіден, жүйелік енгізу құрылғысынан келетін кірістік ақпаратты шығарып оқитын бағдарлама.* **Жүйелік жүктеуіш.** и н ф . <ағыл. system loader> *Бастапқы жүктеуіш бағдарламасы ұғымымен пара-пар.* **Жүйелік каталог.** и н ф . <ағыл. system catalog> *Операциялық жүйе қолдайтын мәліметтер жиынтықтарының орналасуы жайындағы ақпарат сақталатын каталог.* **Жүйелік команда.** и н ф . *Жүйенің қалып-күйін, жұмыс режимін немесе басқа да жүйелік қызметтерін өзгертеті команда.* **Жүйелік конфигурация байты.** и н ф . <ағыл. system configuration byte> *Ауыстырып-қосқыштар жинағы.* **Жүйелік қаріп.** и н ф . <ағыл. system font> *Экранға шығарылатын мәліметтерге (хабарларға) арналған жүйелік қаріп.* **Жүйелік қате.** и н ф . <ағыл. system error> а) *Операциялық жүйедегі немесе бағдарламалау жүйесіндегі қате.* ә) *Кейбір процесс кезінде онымен байланысты емес нысанға қатынаған кезде жүйеде туындайтын қате.* **Жүйелік қорап.** и н ф . *Компьютердің жүйелік (аналық) тақша, процессор, оперативті жады, тұрғылықты диск, алмалы дискілермен жұмыс істеуге арналған диск жетегі, CD және DVD диск жетектер, бейнесызбалық бейімдеуіш, дыбыстауыш (дыбыстық бейімдеуіш), желілік тақша, енгізу-шығару порттары (ажыратқыштар), қоректендіру блогы сияқты негізгі тораптары.* **Жүйелік мәзір.** и н ф . <ағыл. system menu> *Windows жүйесінің стандартты терезелері арқылы орындалатын терезе көлемін өзгертіп, оны үлкейтіп-кішірейтетін негізгі іс-әрекеттердің немесе командалардың тізімі.* **Жүйелік мәліметтер базасы.** и н ф . <ағыл. system date bases> *SQL тілінде – SQL серверінің үш мәлімет базасын – тұтынушылардың мәліметтер базасы мен SQL серверінің жұмысын басқаратын бас мәліметтер базасын, уақытша кестелерді сақтауға арналған temp.db уақытша кестесінің мәліметтер базасын және құрастыру үшін үлгі ретінде пайдаланушының жаңа мәліметтер базасын пайдаланатын модельдік мәліметтер базасы.* **Жүйелік меню батырмасы.** и н ф . <ағыл. system button> *Windows ортасының жүйелік мәзірді шақыруға арналған батырмасы.* **Жүйелік модальдық диалогтық терезе [жүйелік хабарлар терезесі].** и н ф . <ағыл. system model dialog box> *Windows жүйесінде – белгілі бір іс-әрекеттерді қатар орындау барысында шығатын жүйелік хабардан тұратын диалогтық терезе.* **Жүйелік ресурстар.** и н ф . <ағыл. system resources> *Тапсырмаға бөлінетін есептеу жүйесі ресурстарының – құралдарының жиынтығы.* **Жүйелік талдау.** и н ф . <ағыл. system analize> а) *Жүйелік тәсілдің негізінде орындалатын нысандарды (бағдарламаларды, жүйелерді, құрылғыларды) талдау; жүйелік құралдармен атқарылатын талдау; саяси, экономикалық, ғылыми және техникалық сипаттағы күрделі мәселелер бойынша шешімдерді дайындауға және негіздеуге пайдаланылатын әдіснамалық құралдар жиынтығы.* ә) б и о л . *Жүйелеудің жалпы теориялық әдісі.* б) х и м . *Зерттелетін ерітіндідегі иондарды бөлудің және одан кейін анықтаудың белгілі реті сақталатын сапалық талдау.* **Жүйелік тапсырма.** и н ф . <ағыл. system task> *Тапсырманы басқару блогының көмегімен жүзеге асыратын операциялық жүйенің басқарушы бағдарламасының қызметі.* **Жүйелік тәсіл.** и н ф . <ағыл. approach system> *Нысанды негізінен жүйе ретінде қарастыратын ғылыми таным мен практиканың әдіснамалық бағыты.* **Жүйелік техника.** и н ф . <ағыл. system engineering> *Күрделі жүйелерді жобалау, даярлау, сынау, пайдалану мәселелерімен айналысатын ғылыми-техникалық бағыт.* **Жүйелік том.** и н ф . <ағыл. system volume> *Операциялық жүйе орналасқан, бірден қатынас құру томы.* **Жүйелік тіркеу файлы.** и н ф . <ағыл. system recorder file> *Мәшинелік жаңылысулар мен арналардағы қателер туралы мәліметтер*

*жазылатын файл.* **Жүйелік уақыт.** инф. <ағыл. system time> *Операциялық жүйенің ішкі электрондық сағатындағы ағымдық уақыт мерзімін көрсететін шама.* **Жүйелік ұқсатқыш.** инф. <ағыл. system simulator> *Зерттелетін жүйенің жұмыс істеу алгоритмінің ұқсатқышы.* **Жүйелік файл.** инф. <ағыл. system file> *Операциялық жүйенің жұмыс істеуіне қажетті ақпарат сақталатын файл.* **Жүйелік хабар.** инф. <ағыл. the system message> *Операциялық жүйені басқаратын бағдарламаның хабары.* **Жүйелік хабарлар блогы.** инф. <ағыл. system message block> *Компьютерлердің бірыңғай жүйесінің операциялық жүйесінде – жүйелік хабарлары бар және олардың басылымның тізбегін анықтайтын кесте.*

**ЖҮЙЕЛІЛІК** зат. *Жүйесі барлық, жүйеге түскендік, жүйесі болушылық.*

**ЖҮЙЕМЕЛЕТЕ** үст. *Бірінен кейін бірін, бірінің артынан екіншісін, үсті-үстіне.*

**ЖҮЙЕСІЗ** сын. *Жүйеге түспеген, жүйесі жоқ, ретсіз.*

**ЖҮЙЕТЕХНИКА** зат. инф. *Күрделі жүйелерді жобалау, жасау, сынау және жұмыс істету мәселелерімен шұғылданатын ғылыми-техникалық бағыт.*

**ЖҮЙКЕ** зат. мед. <лат. nervus> *Нерв; жүйке талшықтарынан құралған жүйкелік тіндердің шоғырлары.*

**Жүйке жасушалары.** биол. *Жүйке ұлпасының негізгі морфологиялық және қызметтік құрылымдық бөлігі.* **Жүйке жүйесі.** анат. *Адам мен жануарлар ағзасындағы мүшелер мен жүйелер әрекетін біріктіретін және олардың сыртқы ортамен үздіксіз қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жүйке тіні және олардың жиынтығы.* **Жүйке жүйесі аурулары.** пед. *Психиканың бұзылу салдарынан болатын аурулар; ағзадағы әртүрлі жүйкелердің сезімталдығы мен қызметінің бұзылуы.* **Жүйке жүйесінің күші.** пед. *Жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерінің бірі, ми қабығы жасушаларының жұмыс қабілетінің шегін, яғни олардың тежеулі күйге (тежелуге) өтпей не өте күшті, не ұзақ әсер ететін (күші болмаса да) қозуға төзе алатын қабілеті.* **Жүйкені босатты.** *Көңілін босатты, жабырқатты, мұңайтты.* **Жүйкені жеді**. *Діңкесін құртты, жанын жеді, шаршатты.* **Жүйкені кесті.** *Мысын құртты, діңкелетті, әбден шаршатты.* **Жүйке өрімдері.** биол. <лат. plexus nervorum> *Шеткі жүйке жүйесіндегі жүйкелердің тармақтарынан немесе нейроциттерден түзілген құрылымдар.* **Жүйкесі босады.** *Көңілі босады, көңілі бұзылды, жылағысы келді.* **Жүйкесі жұқа.** *Жүйкесі тозған, ашушаң.* **Жүйкесі жұқарды.** *Жүйкесі тозды, ашуланшақ болды, шаршап-шалдықты.* **Жүйкесі құрыды.** *Шаршап-шалдықты, діңкесі құрыды.* **Жүйкесін тоздырды.** *Жүйкесіне тиді, шаршатты, діңкелетті.* **Жүйкесі тозды.** *Шаршады, діңкеледі.* **Жүйке талшығы.** биол. <лат. neurofibra, грек. neuron – жүйке, лат. fibra – талшық> *Нейрология жасушаларымен (олигодендрология жасушалары) қапталған нейроцит өсіндісі – біліктік (ось) цилиндр.* **Жүйке түтігі.** биол. *Эмбриондық біріншілік эктодермадан туындап, ұрық ағзасында қалыптасатын пішіні түтік тәрізді біліктік мүше.* **Жүйке ұштары.** биол. <лат. terminationes nervorum, лат. terminatio – ұшы, грек. neuron – жүйке> *Жүйке талшықтарының соңғы ұштары.*

**ЖҮЙКЕ-ЖҮЙКЕ** зат. *Тұла бой, бүкіл дене.*

**Жүйке-жүйкесі босады.** *Көңілі босады, құлазыды.*

**ЖҮЙКЕЛЕ=** ет. *Шаршау, болдыру, титықтау.*

**ЖҮЙКЕЛЕН=** ет. *Дененің барлық мүшелерінің жүйкемен қамтамасыз етілуі.*

**ЖҮЙКЕЛЕНУ** *Жүйкелен етістігінің қимыл атауы; яғни дененің барлық мүшелері мен ұлпалардың жүйкеленуі; мүшелер мен ұлпалардың жүйкелер арқылы орталық жүйке жүйесімен байланысуы.*

**ЖҮЙКЕЛЕТ=** ет. *Шаршату, діңкелету, ығырын шығару.*

**ЖҮЙКЕЛЕТУ** *Жүйкелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙКЕЛЕУ** *Жүйкеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙРІК**[1] сын. **1.** *Ұшқыр, жылдам шабатын, жүгіретін. // Ұшқыр, жылдам шабатын ат, тұлпар.* **2.** ауыс. *Шешен; зерек, сезімтал.* **3.** ауыс. *Жетік, шебер.*

**Жүйрік аттай ойқастады.** *Қыр көрсетті.* **Жүйрік аттың белгісі сауырында.** *Атсейістердің бағалауынша, жүйрік аттардың белі ұзын, сауыры жайдақ, кең, қысқа болатыны туралы.* **Жүйрік ат шаппаса да, қырындайды.** *Бұқаның өзі қартайса да, мүрны қартаймайды, кеуде болмаса да, көңіл үйреніп қалғанына басады деген мағынада.* **Жүйрік [ұшқыр] қиял.** *Асау көңіл, шартарапты кезген көңіл.* **Жүйрік тілді.** *Шешен, сөзге шебер.*

**ЖҮЙРІК**[2]**: ат жүйрік.** вет. *Малда болатын төс пен төсетектің түйісіндегі шеміршек.*

**ЖҮЙРІКТІК** зат. **1.** *Ұшқырлық, шапшаңдық, озғыштық.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге жетіктік, білгірлік, алғырлық; шешендік.*

**ЖҮЙТКУ** *Жүйткі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЙТКІ=** ет. **1.** *Заулау, зымырау, шаң ілестірмеу.* **2.** *Сырғу, тайқу, ауысу.* **3.** ауыс. *Алдына жан салмау, озық шығу.*

**ЖҮЙТКІТ=** ет. *Зулату, зымырату.*

**ЖҮЙТКІТУ** *Жүйткіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮК**[1] зат. **1.** *Көлікке, арбаға, түйеге, мәшинеге т.б. артылған, тиелген зат.* **2.** этн. *Жүкаяққа, сандыққа жиылған тең, көрпе-жастық.* **3.** *Жиһаз бұйым, жасау.* **4.** ауыс. *Қайғы-қасірет, уайым, шер.* **5.** ауыс. *Талап, тілек, міндет.* **6.** ауыс. *Салмақ, ауыртпалық.*

**Жүгі жеңіл.** *Қолы бос, басы артық жұмыс жүктелмеген.* **Жүк арба.** *Жүк тиейтін арба.* **Жүк артқан көк есектей болды.** *Әбден титықтады, қиналды.* **Жүк [иығына, мойынға, жүрекке] артты**. *Талап қойды, міндет жүктеді.* **Жүк ауырын нар көтереді.** *Күшті, ерік-жігері мықты, сабырлы адамға қайғының да, ауыртпашылықты да көтере аласың деп дем беріп, қаралы адамға жұбату, көңіл айту мақсатында айтылатын сөз.* **Жүк басты болды**. *Жүк азабын көп тартты, жүктен әбден қажыды.* **Жүк жинасты.** *Төсек-орын, үй ішін жинауға кірісті, көмектесті.* **Жүк жөнелту.** тех. *Тиелген вагондарды жүк тиеу пункттерінен жинастырып пойызға тіркеу, олардың құжаттарын кондукторға өткізу т.б. тәрізді операциялар жүргізу.* **Жүк жылқысы.** *Жүк тасымалдау үшін будандастыру арқылы арнайы өсірілген жылқы.* **Жүк [тасымалдайтын] кемесі.** *Өзендер мен көлдерде, теңіздерде, мұхитта бір жерден екінші жерге түрлі жүктерді жеткізетін су көлігі.* **Жүк көлігі**. *Зат тасу үшін пайдаланатын шаруашылық малы (түйе, ат, өгіз).* **Жүк көрмеді**. *Елемеді, мән бермеді.* **Жүк мәшинесі**. *Әртүрлі жүктер тиейтін, таситын борты бар мәшине.* **Жүк тасқынының әркелкілік коэффициенті**. физ. *Жүк тасқыны шамасының ауытқуын сипаттайтын сандық көрсеткіш.* **Жүк тасқынының біркелкі болмау коэффициенті**. физ. *Жүк тасқыны шамасының тұрақсыздығын сипаттайтын сандық көрсеткіш.*

**ЖҮКАҒАШ** зат. этн. сөйл. ***Жүкаяқ.***

**ЖҮКАЙНАЛЫМ** зат. экон. *Көлік жұмысының негізгі көрсеткіші, көлікпен тасылатын пайдалы қазылымның немесе таужыныстың көлемі.*

**ЖҮКАЯҚ** зат. этн. *Жүк астына қоятын, ағаштан жасалған төрт аяқты бұйым.*

**ЖҮККӨТЕРГІШТІК** зат. тех. *Көлік құралының белгілі бір жағдайда бір амалда көтере алатын, орнын ауыстыра не таси алатын қабілетін сипаттайтын өлшем.*

**ЖҮКҚАП** зат. *Матадан істелген шағын қап.*

**ЖҮКҚҰЖАТ** зат. экон. *Бухгалтерлік есеп құжаты.*

**ЖҮКСАЛҒЫШ** зат. тех. *Жеңіл мәшиненің жүк салуға арналған бөлігі.*

**ЖҮКСІЗ** сын. *Жүгі жоқ, бос.*

**ЖҮКТЕ=** ет. **1.** *Жүк арту, тиеу.* **2.** ауыс. *Міндеттеу, тапсыру.*

**Жүктейтін модуль**. инф. *Байланыс түзету кезінде біркелкі (операциялық жүйеде қабылданған) пішімде алынған салыстырмалық мекенжайларда берілетін бағдарламалық модуль.* **Жүктейтін модульдердің кітапханасы**. инф. <ағыл. load module library> *Компьютерлердің бірыңғай жүйесіне – жүктелетін модульдерді сақтауға арналған кітапхана.* **Жүктейтін сектор**. инф. *Бірінші сектордың нөлінші бетіндегі нөлінші сызықжолы.*

**ЖҮКТЕЙ** сын. *Жүк сияқты, жүк тәрізді.*

**ЖҮКТЕЛ=** ет. **1.** *Жүк арттырылу, тиелу.* **2.** ауыс. *Міндеттелу, тапсырылу.* **Жүктелетін қаріп**. инф. <ағыл. loadable font> *Баспа құрылысының немесе дисплейдің таңба генераторының жадына бағдарламамен жүктелетін бедер-белгілер кескіні (әдетте, растр матрицалары түрінде)*

**ЖҮКТЕЛУ** *Жүктел етістігінің қимыл атауы; міндеттелу, тапсырылу.*

**ЖҮКТЕМЕ** зат. **1.** *Тапсырма, міндеттеме.* **2.** *Еңбекақы мөлшеріндегі сағат (жұмыс).* **3.** тех. *Қажетті бөлшек.* **4.** инф. <ағыл. load> *Жүйенің жұмыспен жүктелу сипаттамасы.*

**Жүктеме коэффициенті**. инф. <ағыл. load factor> *Желідегі ең үлкен жүктеменің белгілі бір уақыт аралығында графиканың орташа жүктемесіне қатынасы.* **Жүктемелерді үлестіру**. инф. <ағыл. load sharing> *Оңтайлы жүктеудің белгісі бойынша есептеу желісі бөлімдерінің арасында олардың әрқайсысына жалпы жүктемелерді үлестіру.*

**ЖҮКТЕМЕСІЗ** сын. *Жүктеме алмаған, жүктемесі жоқ.*

**ЖҮКТЕМЕЛІК** сын. *Жүктемеге тән, жүктемеге қатысты.*

**Жүктемелік модуль**. инф. <ағыл. load module> *Берілген операциялық жүйеде бірыңғай қабылданған пішімдегі байланыстарды редакциялау кезінде объектілік модульден алынған салыстырмалы мекенжайлардағы бағдарламалық модуль.* **Жүктемелік сынау**. инф. <ағыл. volume tests> *Есептеуіш жүйенің қабілетін тексеру; нақты уақыт режимінде терминалдар орындайтын алмасу санының нақты күтілген максимумға жететінін немесе одан асатынын анықтау.*

**ЖҮКТЕН=** ет. *Алу, қабылдау.*

**ЖҮКТЕНУ** *Жүктен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮКТЕТ=** ет. **1.** *Тиету, арттыру.* **2.** ауыс. *Міндеттеу, арту.*

**ЖҮКТЕТУ** *Жүктет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮКТЕУ** *Жүкте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүк тиеу, арту.* **2.** инф. <ағыл. load> *Мәліметтерді процессор операцияларында*

*тікелей пайдалану мақсатымен оларды дискілерден (мәлімет тасуыштан) негізгі жедел жадқа немесе негізгі жадтан регистрлерге жіберу.* **3.** ауыс. *Міндеттеу, тапсыру.*

**Жүктеу режимі**. инф. <ағыл. load mode> *Мәшинелік сөздің ұзындығы айнымалы компьютерлерде – мәліметтермен бірге кейбір шектеуіштері қоса берілетін мәліметтерді жеткізу режимі.* **Жүктеу уақыты**. инф. <ағыл. load time> *Бағдарламаны дискіден оқудан бастап, оны жүзеге асыруға дейінгі керекті файлдарды орналастыруға кететін уақыт.*

**ЖҮКТЕУЛІ** сын. *Міндеттеулі, тапсырулы.*

**ЖҮКТЕУІШ** зат. <ағыл. loader> *Жүктейтін, міндеттейтін бағдарлама.*

**ЖҮКТІ** сын. **1.** *Жүк артылған, жүк салынған, жүк тиелген.* **2.** ауыс. *Екіқабат, аяғы ауыр.*

**ЖҮКТІЛІК** зат. **1.** *Екіқабаттық, аяғы ауырлық.* **2.** физиол. <лат. graviditas> *Ұрықтанған жұмыртқа жасушасының жатыр ішінде дамуы.*

**ЖҮКШЕ** үст. *Жүк сияқты, жүкке ұқсап.*

**ЖҮКШІ** зат. *Жүк артушы, жүк тиеуші адам.*

**ЖҮКШІЛІК** зат. *Жүкшінің қызметін атқарушылық. з а т .*

**ЖҮЛГЕ** зат. *Кішірек келген сай, жыра, өзек; жылға.*

**ЖҮЛГЕ-ЖҮЛГЕ** сын. *Сай-сай, өзек-өзек, жылға-жылға.*

**ЖҮЛГЕЛЕ=** ет. *Жүлге бойымен жүру, жағалау, бойлау.* **Жүлгелеп айтты**. *Жүйелеп айтты, саралап айтты.*

**ЖҮЛГЕЛЕН=** ет. *Жүлге-жүлге болу, салалану.*

**ЖҮЛГЕЛЕНУ** *Жүлгелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЛГЕЛЕС** сын. *Қатар жатқан, салалас.*

**ЖҮЛГЕЛЕУ** *Жүлгеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮЛГЕЛІ** сын. *Жүлгесі бар, жүлгесі көп.*

**ЖҮЛГЕ-ТАМЫР** зат. *Жүйке-жүйке, қан тамыры.*

**ЖҮЛДЕ** зат. <франц. prix> *Бәйге, сыйлық.* **Жүлде алды**. *Топтан озып, бәйге алды.* **Жүлде бермеді**. *Дес бермеді, алдына жан салмады.*

**ЖҮЛДЕГЕР** зат. *Жарыста озып шығып, жүлделі орынға ие болған адам.*

**ЖҮЛДЕГЕРЛІК** зат. *Жүлделі орынға ие болушылық.*

**ЖҮЛДЕЛІ** сын. *Жүлдесі бар, жүлде берілетін (орын).*

**Жүлделі орынға ие болды.** *Жеңді, басым түсті, жүлдегер болды.* **Жүлделі орынды жеңіп алды.** *Жеңіп шықты, жеңіске жетті, жүлдеге ие болды.*

**ЖҮЛДЕСІЗ** сын. *Сыйлықсыз, бәйгесіз, жүлде берілмей.*

**ЖҮЛКЕУІР** зат. бот. *Шөптің бір түрі.*

**ЖҮЛІК** [ор. жулик] зат. сөйл. *Ұры, алаяқ.*

**ЖҮМЛӘ** [ар. جملة] ес. *Барлық, барша, күллі.*

**ЖҮМЛЕ** ес. сөйл. ***Жүмлә***. *// Барша халық, жамағат.*

**ЖҮН** зат. **1.** *Жан-жануарлардың терісінің сыртын жауып тұратын түк, қылшық.* **2.** *Жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын қой, түйе жүні.*

**Жүн бешпент.** этн. *Астарына жүн салып тігілген сырт киім түрі.* **Жүн боп кетті.** *Бейшара болды, үнжырғасы түсті, азып-тозды.* **Жүн жеп, жабағы тышты [саңғыды]**. қарап. а) *Настанды.* ә) *Иығы түсті, жүдеп-жадап кетті.* **Жүн жеп кетті**. *Азып-тозды, жүнжіді.* **Жүн қылды.** а) *Еңсесін түсірді, жүнжітті.* ә) *Жаныштады, қинады, азаптады.* **Жүн мата.** *Бірыңғай жүннен немесе басқа талшықтар қосылып аралас тоқылған мата.* **Жүн өңдеу**. *Жүнді май мен шайырдан, шаң-тозаңнан тазартып жуу, жүн дайындау стандартына сәйкес сұрыптау, бояп өңдеу, иіріп жіп алу немесе одан әртүрлі бұйымдар дайындау.* **Жүн сабау.** этн. *Жүнді шаң-тозаңнан тазарту, ұйысқанын жазу үшін тулақ үстіне салып, шыбықпен сабау.* **Жүн төкті.** *Жүні түледі, жетілді.* **Жүн шұлық.** *Малдың жүнін иіріп, тоқыған шұлық.* **Жүні жапырылып қалды.** *Жабықты, жүні жығылды.* **Жүні жығылды**. *Сағы сынды, тауы шағылды.* **Жүнін жидіткен тауықтай.** *Әбден сиқы кеткен, тозған.* **Жүнін жұлған тауықтай.** *Дымы қалмаған, быт-шыты шыққан.* **Жүнін жұлған тырнадай**. *Тыртиған, сиқы кеткен, берекесі қашқан.* **Жүнін сыртқа қампитты.** экспр. *Паңданды, қоқан-лоқы жасап, қыр көрсетті; дұшпан көзі қылды.* **Жүнін үрпитті**. *Берекесін кетірді, мазалады.* **Жүні түледі.** *Өлі жүні түсті, жетілді.*

**ЖҮНБАЛАҚ: жүнбалақ қосаяқтар** зат. зоол. *Шөл және шөлейт жерлерде мекендейтін ұзын құйрық, тік құлақты кеміргіштер тобының өкілі.*

**ЖҮНДЕ=** ет. **1.** *Түйенің жүнін жұлу.* **2.** ауыс. *Іреп сою, жанын шығару; тас-талқан ету.*

**ЖҮНДЕЙ** сын. *Жүн сияқты, жүн тәрізді.* **Жүндей түтті [сабады]**. *Әбден сабады, талады; қор етті.*

**ЖҮНДЕС** сын. *Жүн басқан, жұмсақ.* **Жүндес мүйізтұмсық**. зоол. <лат. coelodonta antiquitatis> *Мүйізтұмсық тұқымдасына жататын, жойылып кеткен сүтқоректі жануар.*

**ЖҮНДЕТ=** ет. *Жүнін жұлғызу.*

**ЖҮНДЕУ** *Жүнде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйенің жүнін жұлу.* **2.** ауыс. *Басыну, қорлау.*

**ЖҮНДІ** сын. *Жүні бар, жүні өсіңкі, жүні қалың, қылшықты.*

**ЖҮНДІЛЕУ** сын. *Жүні өсіңкілеу, жүні қалыңдау.*

**ЖҮНДІҚАРА** зат. бот. <лат. asparagus neglectus> *Лалагүл тұқымдасы, қасқыржем туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҮН-ЖАБАҒЫ** зат. *Түрлі жүн, жабағы.*

**ЖҮНЖУ** *Жүнжі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮН-ЖҰРҚА** зат. *Тері-терсек, жүн т.б.*

**ЖҮН-ЖҰРҚАН** зат. жерг. *Жүн-жұрқа.*

**ЖҮН-ЖҮН** сын. *Жүн басқан, жүн қаптаған.*

**Жүн-жүн болды.** *Тас-талқан болды, түтетүтесі шықты.* **Жүн-жүн қылды**. *Тас-талқан етті, түте-түтесін шығарды.* **Жүн-жүнін шығарды**. *Дал-дұл етті.*

**ЖҮНЖІ=** ет. *Азып-тозу, жүдеу, еңсесі түсу, берекесі кету.*

**ЖҮНЖІТ=** ет. *Аздырып-тоздыру, еңсесін түсіру.*

**ЖҮНСІЗ** сын. *Жүні жоқ, тықыр.*

**ЖҮНШЕ** үст. *Жүн сияқты, жүнге ұқсап.* **Жүнше түтті**. *Түте-түтесін шығарды, тас-талқан етті.*

**ЖҮНІП** зат. діни. *Жыныстық қатынас және ихтилам (поллюция, ұйқыда жүніп болу) арқылы немесе басқа да жолмен мәни (сперма) бөлініп сыртқа шыққандағы ғұсыл алуды қажет ететін жағдай.*

**ЖҮПТЕ=** ет. *Жөн көру, құптау.*

**ЖҮПІРЛЕ=** ет. *Жүпір-жүпір ету, топырлау, топтану.*

**ЖҮПІРЛЕУ** *Жүпірле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮР=** ет. **1.** *Адам, мал, аң, тағы басқалардың аяғын басу арқылы бір жерден екінші жерге жетуі, бару.* **2.** *Пойыз, мәшине, трактор т. б. техникалардың мотор күшімен орнынан қозғалып, ілгері қарай жүйткіп кетуі; қатынау.* **3.** *Бір жаққа бет алу, жолға шығу, сапарға аттану; кету.* **4.** *Механизм тетіктерінің іске қосылуы, жұмыс істеуі; қозғалу.* **5.** *Карта, шахмат, дойбы т. б. ойындарда кезегі келгенде ойнау; тасын (фигурасын) қозғау.* **6.** *Қозғалу, жылжу.* **7.** ауыс. *Өмір сүру, тіршілік ету.* **8.** ауыс. *Көңілі жақын болу.* **9.** ауыс. *Өтпеу, іске аспау.* **10.** *Толық мағыналы етістік сөздермен тіркесіп келіп, шақтық мағына үстейтін көмекші сөз.*

**Жүрген жері дарқан**. *Жүрген жері ойын-күлкі; береке-молшылық.* **Жүре жауап берді**. *Немкетті айта салды.* **Жүре келе**. *Үйреніскен соң, кейіннен.*

**Жүре пайда болатын иммундық тапшылық синдромы.** мед. <ағыл. acquired immune defiiciency syndrome> *Адамның иммундық жүйе қызметі бұзылуының салдарынан әртүрлі індеттер мен қатерлі ісіктер, т.б. пайда болатын жұқпалы ауру, қысқарған атауы ЖИТС (СПИД), жаңа ғасыр індеті.* **Жүре пайда болған иммунитет.** мед. *Жұқпалы аурудың қоздырғыштарының әсерінен науқас адамның ағзасында қорғаныш заттардың түзілуі.* **Жүре соғыса отырып өту**. әск. *Шабуыл барысында шабуылдаушы әскердің қарсы жағада қарсылас қорғанып жатқан су кедергісінен өтуінің негізгі тәсілі.* **Жүрген жеріңе шөп шықпасын**. қарғыс. *Ісің өрге баспасын, жолың болмасын деген мағынада.* **Жүре тыңдады**. *Көңіл бөлмеді, жөнді тыңдамады.* **Жүре шабуылдау**. әск. *Қорғанатын қарсыластарға қарсы шабуыл жасаудың негізгі әдісі.* **Жүрген аяққа [жүргенге] жөргем ілінеді [ілігеді].** *Еңбек еткен бос қалмайды; пайдаға, олжаға кенеледі, табысты болады.* **Жүрген жері шалқар көлдей береке.** *Қайда жүрсе де ырыс-несібесімен, береке-бірлігімен жүретін кеңпейіл, ақжарқын адам туралы айтылады.* **Жүріп кетті.** *Демі үзілді, жан тапсырды.*

**ЖҮРГЕН-ТҰРҒАН** сын. *Өскен, ер жеткен, қызмет еткен.*

**ЖҮРГІЗ=** ет. **1.** *Белгілі бір бағытпен қозғалту, айдау.* **2.** *Қатынастыру, байланыстыру.* **3.** ауыс. *Өмір сүру, тіршілік ету.* **4.** ауыс. *Болымсыз түлғада келіп, маза бермеді, тыным бермеді деген мағынада жұмсалады.* **Жүргізіп оқыды.** *Мүдірмей оқыды, тоқтамай оқыды.*

**ЖҮРГІЗДІР=** ет. *Қозғалтқызу, жылжытқызу.*

**ЖҮРГІЗДІРТ=** ет. *Орнату, құру.*

**ЖҮРГІЗДІРТУ** *Жүргіздірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРГІЗДІРУ** *Жүргіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРГІЗУ** *Жүргіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғау, іске қосу.* **2.** ауыс. *Жүзеге асыру, орындау.*

**ЖҮРГІЗУШІ**[1] зат. *Автокөліктің (мәшине, троллейбус, автобус т.б.) айдаушысы.*

**ЖҮРГІЗУШІ**[2] зат. *Теледидар, радиохабарларын жүргізетін адам.*

**ЖҮРГІЗІЛ=** ет. *Жүзеге асырылу, орындалу.*

**ЖҮРГІЗІЛУ** *Жүргізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРГІЗІС=** ет. *Бірге жүргізу, орнату, жүзеге асыру.*

**ЖҮРГІЗІСУ** *Жүргізіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРГІН** зат. *Ары-бері жол жүруші, жолаушы, жүргінші.*

**ЖҮРГІНШІ** зат. *Жол жүруші, жолаушы.*

**ЖҮРГІСІЗ: аяқ алып жүргісіз**. *Өте көп, мол.*

**ЖҮРГІШ** сын. **1.** *Жақсы жүретін, бір жерде тұрмайтын.* **2.** ауыс. *Жеңілтек, жеңіл жүрісті.*

**ЖҮРГІШТЕ=** ет. *Ары-бері жүру, көп жүру.*

**ЖҮРГІШТЕУ** *Жүргіште етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРГІШТІК** з а т. *Жақсы жүретіндік, аяңшылдық.*

**ЖҮРДЕК** с ы н. **1.** *Ұшқыр, жүрісті.* **2.** *Жүйрік, тез жүретін.* **3.** а у ы с. *Шапшаң, жылдам.*

**Жүрдек бие.** *Тез жүретін, ұшқыр бие.*

**ЖҮРДЕКТЕУ** с ы н. *Шапшаңдау, ылдымжылдым.*

**ЖҮРДЕКТІК** с ы н. *Жылдамдық, шапшаңдық.*

**Жүрдектік коэффициенті.** ф и з. *Қалақшалы мәшинелер теориясындағы гидродинамикалық ұқсастық принциптерінің бірі ретіндегі коэффициент.*

**ЖҮРДІМ-БАРДЫМ** ү с т. *Қалай болса солай, немқұрайды.*

**Жүрдім-бардым қарады.** *Мән бермеді, немқұрайды, үстірт қарады.*

**ЖҮРЕ:** **жүресінен отыру.** *Екі тізені бүгіп, бар салмақты екі аяққа түсіре, құйрықты жерге тигізбей отырған қалып.*

**ЖҮРЕ-БАРА** ү с т. *Келе-келе, ақырындап, кейін.*

**Жүре-бара пайда болатын иммундық тапшылық синдромы.** м е д. *Т-лимфотропты ретровирустар қоздыратын жұқпалы ауру.*

**ЖҮРЕЖАТ** з а т. э т н. *Туажаттан туған бала, жетінші ұрпақ.*

**ЖҮРЕ-ЖҮРЕ** ү с т. **1.** *Көп жүріп, әбден жүріп.* **2.** а у ы с. *Ақырында, ақыр аяғында, соңында.*

**ЖҮРЕК** з а т. а н а т. <лат. cor> **1.** *Қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына қарай орналасқан басты мүшесі.* **2.** д і н и. *Иманның тұрағы.* **3.** а у ы с. *Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі.* **4.** а у ы с. *Саяси-әкімшілік орын, орталық.* **5.** а у ы с. *Қайнар көзі, тірегі.* **6.** а у ы с. *Ғашық, сүйген жар.* **7.** а у ы с. *Көңіл.*

**Жүрек ақауы.** м е д. *Жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы.* **Жүрек Аллада.** *Аллаға мінәжат еткен, иман келтірген.* **Жүрек аурулары.** м е д. *Түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар.* **Жүректегі арман.** *Аңсағаны, қол жеткізбес биіктегі қалағаны.* **Жүрегі адал.** *Көңілі таза, әділ.* **Жүрегі айныды [лоблыды].** а) *Жүрегі көтерілді, құсқысы келді.* ә) *Безер болды, мезі болды, ығыр болды.* **Жүрегі аласұрды.** *Көңілі алып-ұшты.* **Жүрегі алқынды.** *Ентікті, жүрегі аузына тығылды.* **Жүрегі алып ұшты.** *Қатты толқыды.* **Жүрегі аттай тулады [дүрсілдеді, дүрсіл қақты, жиі соқты].** *Жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді.* **Жүрегі аузына тығылды.** *Жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді; зәре-құты қалмады.* **Жүрегі ауырмады.** *Елең қылмады, мән бермеді.* **Жүрегі басылды.** *Көңілі орнына түсті, жаны жай тапты.* **Жүрегі бүлк етпеді.** *Еш нәрсеге жаны ауырмады; селт етпеді.* **Жүрегі бүрды.** *Іш тартты, жақын тартты.* **Жүрегіне беріш [тас] болып қатты.** *Көңіліне дық болып ұялады; ойынан кетпес, жадында қалар кекке айналды.* **Жүрегіне біз сұғып алғандай болды.** *Шошып кетті, селк ете түсті.* **Жүрек басқа, жан басқа.** *Бөтен, жат адамдар.* **Жүрек басты.** *Сабасына түсті, жаны жай тапты.* **Жүрегімен білді [сезді].** *Сезді, байқады.* **Жүрегін берді.** *Ынтық болды, ғашық болды.* **Жүрегінің дегбірі кетті. Жүрегінің дүрсілі басылмады.** *Көңілі алып-ұшты, толқыды.* **Жүрек дүбірледі.** *Жүрегі дүрсілдеді, тарсылдады.* **Жүрек дүрсілі.** *Жүректің лүп-лүп еткен соғысы.* **Жүрек дерті.** *Ғашықтық, құмарлық.* **Жүрегі дауалады.** *Батылы жетті, қаймықпады.* **Жүрегі дауаламады [қобалжыды].** *Батылы бармады, тайсалды, қаймықты.* **Жүректі бауыздау.** *Сойылған мал жүрегінің қос қапталындағы саңырауқұлақтарының (құлақшаларының) кесілген орнынан бастап төмен қарай жүректі екі жағынан тілу.* **Жүректі дерт алды.** *Күйік шалды; қайғыланды, қапаланды.* **Жүрегі дүрс-дүрс соқты [етті].** *Жүрек лүп-лүп етіп, қатты жұмыс істеді.* **Жүрегі дір етті.** *Қорқыныш биледі, селк етті.* **Жүрек ерік бермеді.** *Мазасын алды, тыным таптырмады.* **Жүрегін елжіретпеді.** *Мыңқ етпеді, мән бермеді.* **Жүрегі [ет жүрегі] елжіреді.** *Буыны босады, жаны ашыды, мейірленді.* **Жүрегі еріді.** *Жаны ашыды, аяды.* **Жүрекке жалау байлады.** *Үміттендірді, үміт берді.* **Жүрегіне жылу берді.** *Нәрлендірді, көрік берді, рух, шабыт сыйлады.* **Жүрекке жылы тиді.** *Көңілге қона кетті, жанға жақын болды.* **Жүрек жалғау.** *Тамақтану, аздап тамақ ішу.* **Жүрек жарасы.** п о э т. *Жан ауыртатын жағдай.* **Жүрек жалынын жандырды [қозғады].** *Құмар етті, ғашық етті.* **Жүрек жарған.** *Шынайы, жүрекжарды, таза.* **Жүрек жарды қуаныш.** *Қуанышқа кенелтер, шаттыққа бөлер жақсы хабар.* **Жүрек жары.** *Ғашығы, сүйгені.* **Жүрек және қан тамыр неврозы.** м е д. *Жүрек және қантамыр жүйесі қызметінің бұзылуы мен зақымдануы.* **Жүрек жұмбағы.** *Сыр, құпия.* **Жүрек жұтқан батыр.** *Асқан қайсар, еш қорықпайтын, тайсалмайтын ержүрек.* **Жүрек жылады.** *Қиналды, азапқа батты.* **Жүрек жылылығы.** *Мейірім, шапағат.* **Жүрегін жаралады.** *Жанына жара салды, қинады.* **Жүрегін жарып шыққан.** *Шынайы, жүрек жарды.* **Жүрегін жеді.** *Мазасын алды, маза бермеді.* **Жүрегін жылытпады.** *Әсер етпеді, әсері болмады.* **Жүректің жалынын жоғалту.** *Алғашқы екпіннен, алаулаған сезімнен айырылу, басылу.* **Жүрегі жанып-күйді.** *Жүрегі аузына тығылды, атқалақтады.* **Жүрегі жарылды [жарыла жаздады].** э к с п р. а) *Қатты қуанды.* ә) *Қатты қорықты.* б) *Өліп кетті.* **Жүрегі жарылу.** *Қатты қуанғаннан ішін сезім кернеу, толу.* **Жүрегі жарым.** *Қорқақ, жүрегі нашар, дәті берік емес (адам).* **Жүрегі жасыды.** *Тауы қайтты, тауы шағылды, үнжырғасы түсті.* **Жүрегі жоқтық.** *Жасықтық, батылсыздық, ынжықтық.* **Жүрегі жұмсақ.** *Ізгі жүректі, адал көңілді, адал пейілді, рақымшыл.* **Жүрегі [ет жүрегі] жылыды [жібіді].** *Жаны ашыды, аяды, мүсіркеді; жаны тебіренді, еміренді.* **Жүрегі жібімеді.** *Жаны ашымады, мейірі түспеді.* **Жүректегі жараны жазды.** *Қайғысына ортақтасты, көмектесті.* **Жүректі жандырды.** *Тебірентті, толқытты.* **Жүрегі зу етті.** *Шошып кетті, қорықты.* **Жүрегі [жүрегіне] зырқ етті.** *Бір нәрсе жанына жайсыз тиді, қатты әсер етті.* **Жүрегін күпті қылды.** *Уайымға салды, уайымдатты, бей-жай етті.* **Жүрегі кеудесіне сыймады.** *Қатты қорықты.* **Жүрегі кекке толы.** *Кекшіл, өшіккен, кектенген.* **Жүрегі киіз болды.** п о э т. *Меңіреу болды, мейірімсіз болды, елең қылмады.* **Жүрегі көтерілді.** а) *Жүрегі айныды, құсқысы келді.* ә) *Қорықты.* **Жүрегіне қанжардай қадалды.** *Қатты тебірентті, толқытты.* **Жүрегіне қашалды.** *Мәңгі есте қалды, ұмытылмады.* **Жүрегіне қаяу салды.** *Көңіліне кірбің ұялатты, ренжітті, кейітті.* **Жүрегіне өрт түсті.** *Ғашықтық жалыны жанды, күйінді, күйзелді.* **Жүрек [сезім] қылын шертті [қозғады].** *Жан дүниесіне, түйсікке қатты әсер етті.* **Жүрек қыжылдады.** *Қарын қышқылы (запыран) артты.* **Жүрегі қайтпады.** *Қаймықпады, қорықпады.* **Жүрегі қайтты.** *Қорқып қалды.* **Жүрегі қалтырады.** *Қорықты, есі шықты.* **Жүрегі [ет жүрегі] қан жылады.** *Егілді, езілді.* **Жүрегі қамырдай езілді.** *Қатты елжіреді, еміреніп еріді.* **Жүрегі қара.** *Қара ниет, ешкімге мейірімі жоқ.* **Жүрегі қарайды.** а) *Қарны ашты, жүрегі сазды, тамақ ішкісі келді.* ә) *Нияті бұзылды, жамандық ойлады.* **Жүрегі қарс айырылды.** *Көкірегі қайғы-шерге толды.* **Жүрегі қатал.** *Мейірімсіз, қатал.* **Жүрегі қобалжыды.** *Жаны жай таппады, мазасызданды.* **Жүрегі қозғалды.** ж е р г. а) *Жүрегі айныды.* ә) *Қатты қорықты, шошып кетті.* **Жүрегіне қорқыныш ұялатты.** б е й н. *Үрейлендірді, сескендірді, қорқытты.* **Жүрегі қысылды.** *Қиналды, жүрегі аузына тығылды.* **Жүрегі лүпілдеді [лүпіл қақты, лүп-лүп етті].** *Жүрегі жиі-жиі соқты, қобалжыды.* **Жүрегі лық ете қалды [түсті].** *Қатты қорықты, үрейленді.* **Жүрегін мұздатты.** *Көңіліне қаяу түсірді, жабырқатты.* **Жүрегін мұң қарыды.** б е й н. *Мұңайды, іштей уайым-қайғы жеді.* **Жүрегі май ішкендей кілкілдеді.** *Көңілі қобалжыды, тынышсызданды.* **Жүрегі мұз болды.** *Көңілі қалды, жек көрді.* **Жүрегіне нұр тұнды.** *Мейірленді, жүрегіне ыстық, ынтық сезім ұялады.* **Жүрегі орнына түсті.** *Көңілі жай тапты; күдігі сейілді.* **Жүрегі от боп жанды.** *Күйінді, күйзелді.* **Жүрегі орнықты.** *Көңілі жай тапты, орнына түсті, күдігі сейілді.* **Жүрегі өрекпіді.** *Жүрегі қатты соқты, көңілі қобалжыды.* **Жүрегі өрт [от] боп жанды [өртенді].** *Өзегі өртенді, қапа болды, қайғырды, уайымдады.* **Жүрегінде сәуле бар [болды].** п о э т. а) *Нәзік сезім, сұлулықты түйсіну қабілеті бар.* ә) *Болашаққа деген сенім, ақ арман, үкілеген үміті бар.* **Жүрек сәулесі.** *Жан жылуы, мейірім-шапағат.* **Жүрек сөзін ұқтырды.** *Ынтықтығын, сүйіспеншілік сезімін білдірді, айтып жеткізді.* **Жүрек сызы.** *Мұң, шер.* **Жүрек сыры.** *Көңілдегі түйткіл, ой.* **Жүрегімен сағынды.** *Шын сағынды, жан-дүниесімен аңсады.* **Жүрегімен сезінді.** *Жан-тәнімен сезінді, түсінді.* **Жүрегі сазды.** *Тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* **Жүрегі селт етпеді.** *Именбеді, қорықпады.* **Жүрегі соқты.** *Тірілді, жаны кірді.* **Жүрегі сөйледі.** *Жаны тебіренді.* **Жүрегі суылдады.** *Зәресі ұшты, үрейленді.* **Жүрегі сыздады.** *Қайғырды, қапаланды.* **Жүрегін оятты.** *Түрткі болды, қозғау салды.* **Жүрегіне тиді.** а) *Май немесе майлы ас тәбетін қайтарып тастады.* ә) *Бетін қайтарды; көңіліне тиді.* **Жүрегіне тікен қадалғандай.** *Жайсызданып, мазасынан айырылғандай, жанына батқандай.* **Жүрегінің мүйізі бар [мүйіз жүректі].** *Ештеңеден қорықпайтын, сескенбейтін; батыл.* **Жүрегінің түбіне кір жасырмады.** *Көңіліне дық қалдырмады.* **Жүректе тұрды.** *Ұмытылмады, естен кетпеді.* **Жүрегінің түгі бар.** *Еш нәрседен сескенбейтін, қорықпайтын (адам).* **Жүрегін тебірентті.** *Көңіл күйіне қозғау салды, шабыттандырды.* **Жүрегін тырнады.** *Қайғы жамады, азапқа батырды.* **Жүрегін тілді [шабақтады].** *Қинады, азаптады.* **Жүрек түбіне жетті.** *Жатталып қалды, орнықты.* **Жүрегі таза.** *Ақкөңіл, көңілі таза, пейілі кең.* **Жүрегі тайынбады.** *Жасқанбады, айтқан бетінен қайтпады.* **Жүрегі талды.** *Қарны ашты, ашығып, әлсіреді.* **Жүрегі талықсыды.** *Қиналып, әлсіреп кетті; есі ауып кетті.* **Жүрегі тартты.** *Жаны жақсы көрді, ұнатты.* **Жүрегі тас төбесіне шықты.** *Екі көзі шарасынан шыға қатты қорықты, шошып кетті.* **Жүрегі [тайдай] тулады.** *Жүрегі қатты соқты, аузына тығылды.* **Жүрегі түршікті.** *Шошынды, қорықты, тітіренді.* **Жүрегі тілінді.** *Жанды азапқа салды, қинады.* **Жүрегін ұсынды.** *Көмегін аямады.* **Жүрегін ұшырды.** *Қатты шошытты, зәресін алды.* **Жүрегі ұшты.** *Қатты қорықты, зәре-құты қалмады.* **Жүрегі үзілді.** *Өзегі талды, қарны әбден ашты.* **Жүрекке [жүрегіне] ас батпады.** *Сабырсызданды, көңілі орнына түспеді, көңілі күпті болды.* **Жүрекке дақ [жара] түсті [қалды].** *Қайғы-өкініш ұялады, өксікті өкініш меңдеді.* **Жүрекке шапты.** *Ауру әбден асқынды.* **Жүрекке шаттық толды.** *Әбден қуанды, шаттанды.* **Жүрек шайлы болды.** ж е р г. *Жүрегі шайлықты.* **Жүрек шырағы.** п о э т. *Көңіл үміті, медеуі.* **Жүректен шыққан.** *Шынайы, жүрекжарды.* **Жүректің бұйрығы.** *Көңіл қалауы, еркі.* **Жүрегінің шерін басты.** *Көңілін көтерді, қайғы-мұңнан серпілтті, сейілтті.* **Жүрегі шайлықты [шайылды].** *Қорықты, сескенді; беті қайтты, тауы шағылды.* **Жүрегі шыдамады.** *Батылы жетпеді, дәті бармады.*

**ЖҮРЕКЖАРДЫ** з а т. э т н. *Жоғалған нәрсенің табылғаны жөнінде дерекке, хабарға берілетін сүйінші.*

**Жүрекжарды қуаныш.** *Ерекше, айрықша қуанышты.*

**ЖҮРЕКЖҰТҚАН** сын. *Батыл, ер, қаһарман.*

**ЖҮРЕКСІ=** ет. сөйл. ***Жүрексін.***

**ЖҮРЕКСІЗ** сын. **1.** *Сужүрек, қорқақ.* **2.** ауыс. *Мейірімсіз, қайырымсыз.*

**ЖҮРЕКСІЗДЕН=** ет. *Жүрегі дауаламау, батылсыздану.*

**ЖҮРЕКСІЗДЕУ** сын. *Батылсыздау, қорқақ.*

**ЖҮРЕКСІЗДІК** зат. *Жігерсіздік, қорқақтық, батылсыздық.*

**ЖҮРЕКСІН=** ет. *Батылы жетпеу, қаймығу, қорқу.*

**ЖҮРЕКСІНУ** *Жүрексін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРЕКСІНІҢКІРЕ=** ет. *Қорқыңқырау, қаймығыңқырау.*

**ЖҮРЕКСІНІҢКІРЕУ** *Жүрексініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРЕКТЕЙ** сын. *Жүрек сияқты; жұдырықтай.*

**ЖҮРЕКТЕН=** ет. *Батылдану, қайраттану.*

**ЖҮРЕКТЕНУ** *Жүректен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРЕКТЕС** зат. *Сырлас, мұңдас.*

**ЖҮРЕКТІ** сын. *Тайсалмайтын, батыл, ержүрек.*

**ЖҮРЕКТІЛЕУ** сын. *Батылдау, қорықпайтындау.*

**ЖҮРЕКТІЛІК** сын. *Батырлық, батылдық, жігерлілік.*

**Жүректілік көрсетті**. *Ерлік істеді, батырлық көрсетті, тайсалмады.*

**ЖҮРЕКШЕ**[1] зат. анат. <лат. atrium> **1.** *Жүректің қан келіп құятын бөлімі.* **2.** қол-өнер. *Тұрпаты жүрекке ұқсас ою түрі.*

**ЖҮРЕКШЕ**[2] үст. *Жүрек сияқты, жүрекке ұқсап.*

**ЖҮРЕКШЕЛЕН=** ет. *Жүрек сияқты иілу.*

**ЖҮРЕЛГІ** зат. этн. *Жоралғы, жөн-жосық.*

**ЖҮРЕЛЕ=** ет. *Екі тізесін бүгіп, арт жағын жерге тигізбей, жүресінен отыру.*

**ЖҮРЕН** зат. бот. <лат. aellenia> *Алабұта тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖҮРЕЛЕТ=** ет. *Бүктету, бүкшиту, болдырту.*

**ЖҮРЕЛЕТУ** *Жүрелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРЕЛЕУ** *Жүреле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРЕМЕТЕ** үст. *Қатарынан, қабатынан.*

**ЖҮРЕСІНЕН** үст. *Екі бүктеліп, жүрелей, тізерлеп.*

**Жүресінен отырды.** *Құйрығын жерге тигізбей, екі балтырына сүйеніп, тізесін бүге отырды.*

**ЖҮР-ЖҮРЛЕ=** ет. *Жүр-жүрдің астына алу, қайта-қайта жүр деу.*

**ЖҮР-ЖҮРЛЕГЕНСУ** *Жүр-жүрлегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮР-ЖҮРЛЕГЕНСІ=** ет. *Жүр-жүр – деп айтқансу.*

**ЖҮР-ЖҮРЛЕУ** *Жүр-жүрле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРУ** *Жүр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жерге бару, қозғалу.* **2.** *Бір жаққа беталу.* **3.** ауыс. *Өмір сүру, тіршілік ету.*

**Жүруге күші жоқ.** *Әлсіз, шипасы жоқ, күшқуатынан айырылған.* **Жүруінен тұруы көп.** *Шабан, көп қозғалмайтын.*

**ЖҮРУ-ТҰРУ** зат. *Қимыл, қозғалыс.*

**ЖҮРУШІ** зат. *Жүрген адам; жолаушы.*

**ЖҮРІЛ=** ет. *Өтілу, басылу.*

**ЖҮРІМ**[1] зат. *Барар, жүрер жер.*

**Жүрімің [үзілгір, құрғыр] қысқарғыр.** қарғ. *Жетпегір, өмірің қысқа болсын деген мағынада.* **Жүрімі ұзарды**. *Өрісі ұзарды, барар жері көбейді; мініс малы болды.*

**ЖҮРІМ**[2] зат. көне. *Өмір, ғұмыр.*

**ЖҮРІМПАЗ** сын. **1.** *Жақсы жүретін.* **2.** ауыс. *Нәпсіқұмар, жезөкше.*

**ЖҮРІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Жүре түсу, әлі де жүру.* **2.** *Жылдам жүру, тездетіңкіреу.*

**ЖҮРІП-ЖҮРІП** үст. *Көп жүріп, ұзаққа шыдап.*

**ЖҮРІП-ТҰР=** ет. *Ары-бері жүру, тұру.*

**ЖҮРІП-ТҰРУ** *Жүріп, тұр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖҮРІС** зат. **1.** *Жүру әрекетін істегендік, жүргендік.* **2.** *Пойыз, мәшине, трактор т.б. техникалардың мотор күшімен орын ауыстыруы.* **3.** ауыс. *Ағыс, жылжу.* **4.** ауыс. *Қозғалыс.* **5.** ауыс. *Дағды, әдет.*

**Жүрісінен жаңылмады.** *Өзгермеді, алған бетінен қайтпады.* **Жүрісі суық.** *Асығыс, қатты, қаһарлы келіс.* **Жүрісі сүйық.** *Жеңіл жүрісті, мардымсыз, ісі берекесіз.*

**ЖҮРІС=** ет. *Бірге жүру, қозғалу.*

**ЖҮРІСКЕР** сын. *Жақсы жүретін, аяғын тез басатын.*

**ЖҮРІСКЕРЛІК** зат. *Жақсы, тез жүретіндік.*

**ЖҮРІС-ТҰРЫС** зат. **1.** *Қимыл-қозғалыс, іс әрекет.* **2.** ауыс. *Әдет, дағды.*

**Жүріс-тұрысы бұзылды.** *Дағдылы қозғалысынан айырылды, қимылдары бағдарсыз қалды.*

**ЖҮРІСТІ** сын. *Жүрісі қатты, жүргіш, аяңшыл.*

**ЖҮРІСТІК** зат. кен. **1.** *Төсемдерден, баспалдақтармен не тараптармен жабдықталып, көбінесе адамдардың жүріп-тұруына арналған, бремебергке параллель етіп жүргізілген көлбеу не еңіс жерасты қазбасы.* **2.** тех. *Штрек жанындағы кентіректе жүргізіліп, штрек пен қазып алу камерасын қосатын көлбеу қазба.* **3.** *Аралықтарды жалғастыратын енсіз қазба.*

**ЖҮРІСТІЛІК** зат. *Жақсы жүретіндік, аяңшылдық.*

**ЖЫБЫР** зат. *Қыбыр, қимыл, қозғалыс.*

**Жыбыр етті.** *Жыбырлады, қимылдады, қозғалды.* **Жыбыр қақты.** *Жыбыр-жыбыр етті, жыбырлады, қозғалды.*

**ЖЫБЫР-ЖЫБЫР** үст. *Қыбыр-қыбыр; баяу, ақырын. // Ақырын, баяу қозғалыс.*

**Жыбыр-жыбыр етті**. *Жыбырлады, қайта-қайта қозғалды.*

**ЖЫБЫРҚАЙ** сын. *Ұсақ, майда, біріне-бірі қосылып кеткен.*

**ЖЫБЫРЛА=** ет. **1.** *Қимылдау, қозғалу; жыбыр-жыбыр ету.* **2.** *Қаптау, құжынау.*

**ЖЫБЫРЛАҒЫШ** сын. *Қимылдағыш, қозғалғыш.*

**ЖЫБЫРЛАҚ**[1] сын. **1.** *Жыбыр-жыбыр еткен, кібіртіктеген. // Өнімсіз іс-әрекет, бос сандалма тірлік.* **2.** ауыс. *Аузында сөз тұрмайтын, өсекші.*

**Жыбырлақ мінез.** *Тұрақсыз, жеңіл мінез; аумалы-төкпелі қалып-күй.*

**ЖЫБЫРЛАҚ**[2] зат. вет. *Қойда болатын жұқпалы індет.*

**ЖЫБЫРЛАС=** ет. *Бірге қозғалу, қимылдау.*

**ЖЫБЫРЛАСУ** *Жыбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫБЫРЛАТ=** ет. *Қозғалту, қимылдату, жыбыр-жыбыр еткізу.*

**ЖЫБЫРЛАТТЫР=** ет. *Жыбыр-жыбыр еткізу, қытықтау.*

**ЖЫБЫРЛАТУ** *Жыбырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫБЫРЛАТЫС=** ет. *Ақырын қозғасу.*

**ЖЫБЫРЛАУ** *Жыбырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақырын қозғалу, қышыту.* **2.** ауыс. *Баяу қимылдау.*

**ЖЫБЫРЛАУЫҚ** сын. **1.** *Жыбыр-жыбыр еткен, толқын-толқын.* **2.** ауыс. *Өсекқұмар.*

**ЖЫБЫРШЫ=** ет. **1.** *Жыбыр-жыбыр ету.* **2.** *Жыбырлату, қышу.* **3.** ауыс. *Қипақтау, сипақтау, жалтақ-жалтақ қарау.*

**ЖЫБЫРШЫТ=** ет. **1.** *Жыбырлату.* **2.** ауыс. *Ояту, әрекетке итермелеу.*

**ЖЫБЫСҚЫЛА=** ет. *Сыздықтау, жіңішкеру.*

**ЖЫБЫСҚЫЛАН=** ет. *Сыздықтану, жіңішкеру, жұқастаңдану.*

**ЖЫҒА** [ир. جقه] зат. көне. **1.** *Төбесі ұшкір, маңдайалды қабақ пен қасқа түскен, желке жағына мойынды айнала 1-1,5 қарыстай шынжырлы бау тағылған, соғыста киетін баскиім.* **2.** *Баскиімге сәндік үшін тағылатын (шаншылатын) құс қанаты немесе алтынды, асыл тасты әшекей зат.* **3.** *Парсы шаһтарының тәждері қораздың айдарлы таракшасы сияқты гауһар тас және шоқ қауырсынымен әшекейленген баскиімі.* **4.** *Соғыста киетін мол әшекейлі дулыға және дулығаның мойынды қылыштан қорғайтын артқы жиегі.*

**Жығасы жығылған жоқ.** *Ештеңесі кеткен жоқ.* **Жығасы қисайды.** *Бағы тайып, басына қиындық түсті.* **Жығасын жықты [түсірді].** *Жауды жеңді, бағындырды.*

**ЖЫҒАУЫЛ** зат. саят. *Қаршығаның мойнына тағылатын кішкене қоңырауша [Саятқа шыққан құсбегілер қаршығасы тоғай ішіне сіңіп кетсе, сол қоңыраушаның дыбысымен іздеп тауып алады].*

**ЖЫҒУ** *Жық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күресте қарсыласын құлату; жауырынын жерге тигізу.* **2.** *Малды артқы оң аяғынан ұстап, шалқасынан қайырып, құлату.* **3.** ауыс. *Біреуді жеңу, одан басым түсу.*

**ЖЫҒУШЫ** зат. кәс. *Малды жығатын адам.*

**ЖЫҒЫЛ=** ет. **1.** *Құлау, омақасу.* **2.** *Бір жағына қарай қисаю, жантаю, жату.* **3.** *Күресте жеңілу, жауырыны жерге тию.* **4.** ауыс. *Жеңілу, бағыну. // Келісу, сенікі жөн деу.* **5.** ауыс. *Бір нәрсенің билігін сұрау, жүгіну.* **6.** ауыс. *Төсек тартып жатып қалу, ауыру.* **7.** ауыс. *Құлатылу, сұлатылу.* **8.** ауыс. *Әбден сілелеу, ұйқыға кету.* **9.** ауыс. *Отырып қалу, батпаққа бату.*

**Жығыла жабысты.** *Қатты өтінді.* **Жығылғанға [жығылған үстіне] жұдырық.** *Сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада.* **Жығылған [жығылып жатып] сүрінгенге күледі.** *Өз мініне, өз бойына қарамай, біреуді менсінбей, мінейді, сынайды.* **Жығылса, жер көтереді.** *Не де болса тәуекел деген мағынада.* **Жығылып қалу.** а) *Жерге құлап түсу.* ә) *Жеңілу, жеңіліп қалу.*

**ЖЫҒЫЛА** үст. *Әбден, жеріне жете; барынша.*

**ЖЫҒЫЛА-СҮРІНЕ=** ет. *Сүрініп-қабыну, құлап-тұру.*

**ЖЫҒЫЛТ=** ет. *Құлату, омақастыру.*

**ЖЫҒЫЛУ** *Жығыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлау, шаршау.* **2.** ауыс. *Берілу, жеңілу.*

**ЖЫҒЫЛУЛЫ** сын. *Жығылған, жеңілген, құлаған.*

**ЖЫҒЫЛУШЫ** зат. сөйл. *Артта қалушы.*

**ЖЫҒЫЛЫҢҚЫ: жүні жығылыңқы.** *Беті қайтқан, сағы сынған; жүзі сынық.*

**ЖЫҒЫЛЫП-СҮРІНІП** үст. **1.** *Бір құлап, бір тұру; сүріншектеу.* **2.** *Әрең, зорға.*

**ЖЫҒЫЛЫС** зат. *Жығылғандық, омақасқандық; жеңіліс.*

**ЖЫҒЫН** сын. жерг. *Бір топ, жиын.*

**ЖЫҒЫНДЫ** сын. жерг. *Міндетті, қарыздар.*

**ЖЫҒЫҢҚЫ: жүні жығыңқы.** *Сағы сынған, беті қайтқан.*

**ЖЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Жатқызыңқырау, бір жағына қарай қисайтыңқырау.*

**ЖЫҒЫС=** ет. **1.** *Күресте бірін-бірі құлатысу, омақастырысу.* **2.** ауыс. *Бірін-бірі мойындау, кезек берісу.*

**ЖЫҚ=** ет. **1.** *Күресте қарсыласын құлату, жауырынын жерге тигізу.* **2.** *Малды артқы оң*

*аягынан ұстап, арқасына қарай құлату.* **3.** *Киіз үйдің уық-керегесін жинау, көшуге даярлау.* **4.** *Соғыста жаралау, құлату.* **5.** *Шалу, қапыда омақастыру.* **6.** ауыс. *Біреуді жеңу, одан басым түсу, дес бермеу.* **7.** ауыс. кәс. *Арықтағы немесе тоғандағы суды басқа жаққа қарай бұрып жіберу; бөгеуді ашу.* **8.** ауыс. *Төмендету, жол берісу.* **9.** ауыс. *Өшіру, құрту.* **10.** ауыс. *Құлату, бұзу, күйрету.*

**Жыға танымады.** *Шырамытқаны болмаса, дәл кім екенін білмеді; жақсы танымады.* **Жыға танытады.** *Белгі береді, өзі-ақ айтады.* **Жығыла жабысты.** *Қиылып өтінді, жалынып-жалпайды.* **Жығып айтты.** жерг. *Жарытымды жеткізді, берекелі айтты.* **Жығып берді.** *Біреуді қалай да жеңілдірді, жауының алдында масқаралады.* **Жығып салды.** а) *Құлатты, омақастырды.* ә) *Сойды.*

**ЖЫҚҚЫЗ=** ет. *Құлату, омақастыру.*

**ЖЫҚҚЫЗУ** *Жыққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫҚПА-ЖЫҒЫЛМА** үст. жерг. *Орташа.*

**ЖЫҚПЫЛ** зат. **1.** *Ағашы, бұтасы қалың өскен жер; сай, жыра.* **2.** ауыс. *Қалтарыс, бұлтарыс.*

**ЖЫҚПЫЛДЫ** сын. *Жықпылы мол; жыралы, қалтарысты.*

**ЖЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ** сын. **1.** *Жыра-жыра, қалтарыс-қалтарыс.* **2.** ауыс. *Жиналған, қордаланған.*

**Жықпыл-жықпылын түгел білді.** *Сай-саласын, тау-тасын түгел таныды.*

**ЖЫҚПЫЛ-ЖЫРА** зат. *Сай-сала, жыра.*

**ЖЫҚТЫР=** ет. *Тігілген үйдің уықтарын алып, керегесін жинату.*

**ЖЫҚТЫРУ** *Жықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛ** зат. **1.** *Он екі айлық уақыт, мерзім, мезгіл.* **2.** астр. *Жердің Күнді бір айналып шығуына кететін уақыт аралығы.*

**Жыл артынан жыл өтті.** *Көп уақыт өтті.* **Жыл басы.** а) *Жылдың алғашқы айы.* ә) *Қолданыстағы күнтізбе бойынша қаңтар айы.* б) *Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айы.* **Жыл бойы.** *Бүкіл жыл ішінде; ұдайы, үнемі.* **Жылдан-жылға.** *Жыл өткен сайын.* **Жылдар – қазы.** *Өткен өмір сыншы деген мағынада.* **Жылдар озды.** *Уақыт өтті.* **Жылдар өтті.** *Уақыт жылжып, өмір өтті.* **Жыл жарымдай.** *Бір жылдан аса, екі жылға жуық.* **Жыл жылжыды.** *Уақыт өте берді.* **Жыл келді.** *Жаңа жыл басталды.* **Жыл қайырды.** а) *Азия халықтарында қолданылатын, ұзақтығы 12 жыл уақытпен есептелетін мүшел есебі, байырғы күнтізбелердің бір түрі.* ә) *Жыл есебін ескіше жасады, ай күнтізбесі бойынша есептеді.* **Жыл құрғатпай.** *Уақыт жібермей, жыл сайын.* **Жыл құсы.** а) *Қысқа қарай қоңыржай және салқын аймақтардан жылы жерлерге ұшып кететін құстар.* ә) *Жақсының басы; жаңалықты ендіруші, бастаушы.* **Жыл құсындай болды, келді.** *Анда-санда, аракідік келді.* **Жыл құсындай тартты.** *Зулады, кейін қайтты.* **Жыл мезгілдері.** *Аспан сферасы (эклиптика) бойымен қозғалатын Күннің көрінерлік қозғалысына және табиғаттағы маусым өзгерістеріне байланысты жылдың кезеңдерге бөлінуі.* **Жыл он екі ай.** *Жыл бойы; жылына.* **Жыл сайын.** *Әр жылда, жылда.* **Жыл санап.** *Жыл өткен сайын.* **Жыл санау.** *Үлкен уақыт аралықтарын есептеу жүйесі.* **Жыл толды.** *Он екі ай өтіп, бір жыл болды.* **Жыл уағы.** *Бір жыл.* **Жыл шығару.** жерг. *Малды қыстан аман шығару.* **Жыл шықты.** жерг. *Ауыр қысты бастан өткізді.* **Жылын беру.** этн. *Қайтыс болған адамның өмірден өткеніне бір жыл толуына орай еске алып, ас беру дәстүрі.* **Жылын өткеру.** этн. *Жылын жасау.* **Жыл [күн, сағат] санап.** *Жылдан-жылға, күннен-күнге, сағат сайын.* **Жыл соңынан жыл жетті.** *Талай жылдар өтті.*

**ЖЫЛА=** ет. **1.** *Қайғыдан, реніштен, ауырғаннан көзден жас шығару.* **2.** *Зар еңіреу, зарлау, зарлану, іштегі зарын шығару.* **3.** *Жоқтау, дауыс шығару.* **4.** *Өкіру, қатты жылау.* **5.** ауыс. *Қайғыру.* **6.** ауыс. *Қиналу, жапа шегу.* **7.** ауыс. *Сағыну, іздеу.* **8.** ауыс. *Еңсесі түсу.* **9.** ауыс. *Шағыну.* **10.** ауыс. *Қоштасу, мауқын басу.* **11.** ауыс. *Аңдардың дауыс шығаруы.* **12.** ауыс. *Жауын жауу.*

**Жылағанды жұбатты [уатты].** *Басында қайғысы бар адамды жұбатты, қамқор болды, қамқорлық жасады.* **Жыламаған бала, боздамаған ана қалмады.** *Азапқа түспеген адам қалмады, бәрі қиналды.* **Жыламаған балаға ас [емшек] бермейді.** *Өзі емеурін білдірмесе, жайын айтпаса, біреуге біреу қол ұшын бермейді, көмектеспейді деген мағынада.* **Жыламай жүр.** тілек. *Бағың ашылсын, бақытты бол.* **Жылап ақты.** поэт. *Судың, өзен, арықтың ағуы.* **Жылап амандасу.** *Көрісу.* **Жылап жүрмесін.** тілек. *Бақытты болсын.* **Жылап келді.** *Іңгәлап туды, жылап туды.* **Жылап көрісті.** *Сағынып жолығысты, зарығып кездесті.* **Жылап қалды.** *Қимады, жібергісі келмеді.* **Жылап өтті.** *Қиыншылықта, кедейшілікте өмір кешті.* **Жыласа жасын көрмеді.** *Қиыншылық көргенін сезбеді.*

**ЖЫЛАЙ-ЖЫЛАЙ** үст. *Әбден жылап, қатты қайғырып.*

**ЖЫЛАЙ-ЖЫРЛАЙ** үст. *Жоқтай, зарлай.*

**ЖЫЛАЙМАН** сын. сөйл. ***Жыларман.***

**ЖЫЛАМСЫРА=** ет. *Жылайын деу, жылауға шақ қалу.*

**ЖЫЛАМСЫРАУ** *Жыламсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАМЫҚ** сын. жерг. *Суланған, жасаураған.*

**ЖЫЛАН** зат. **1.** зоол. <лат. serpentes> *Бауырымен жорғалаушылар тобына, қабыршақтылар отрядына жататын омыртқалы жәндік.* **2.** ауыс. *Жамандық.* **3.** ауыс. *Араға іріткі салушы, арамза, жауыз сұм (адам). // Залым, жауыз, сұм.*

**Жылан арбап отыр.** *Қатты ойға кеткен адамға қарата айтылады.* **Жыландай белі бүгілген.** *Жарау ат туралы айтылады.* **Жылан жайлады.** *Жылан қаптады.* **Жылан жалағандай.** а) *Еш нәрсе жоқ, тып-типыл, тап-тақыр.* ә) *Тап-таза, мұнтаздай.* **Жылан жорғалап өткендей болды.** *Қатты шошынды.* **Жылан жүріс.** *Аяқ басысы білінбейтін, сыбдырсыз жүріс.* **Жылан жүрісті.** *Ізін білдірмейтін, зымиян әрекетті.* **Жылан жылы.** *Ұлу жылынан кейін, жылқы жылынан бұрын келетін мүшел есебінің алтыншы жылы.* **Жылан көз.** *Қарашығы тарыдай, кішкене, өткір көз.* **Жыланның аяғын көрген.** жерг. *Әкки, алаяқ, қу.* **Жылан торғайды арбап жейді.** *Қолға түсірудің әрқилы тәсілі бар деген мағынада айтылады.* **Жылан уы.** *Улы жыланның сілекей безінен шығатын улы зат.* **Жылан шағып алғандай.** *Бірден, оқыстан шар ету.* **Жыланының басы қайтсын.** *Ішіп қансын, ашқарақтығын бассын деген мағынада.*

**ЖЫЛАН=** ет. **1.** *Көзден жас шығару.* **2.** ауыс. *Жоқ-жоқ деп зарлай беру, өз-өзінен бейшара болып көріну.*

**ЖЫЛАНБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. anguilla anguilla> *Тұрқы 3 м-ге, салмағы 65 кг-ға дейін жететін, терісі тегіс, қабыршақсыз, жылан тәрізді сүйекті балықтардың бір отряды.*

**Жыланбалық тәріздiлер.** зоол. <лат. anguilliformes> *Сүйекті балықтардың бір отряды.*

**ЖЫЛАНБАС**[1] зат. бот. *Басында жүгері тәрізді дәні бар, мысыққұйрық тектес шөп.*

**ЖЫЛАНБАС**[2] зат. жерг. *Басы жыланның басына ұқсас, үсті өте жылтыр кесіртке.*

**ЖЫЛАНБАС**[3] зат. өс. <лат. dracocephalum> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЫЛАНБАС**[4] зат. этн. *Көз тимесін деген ырыммен балалардың тақиясына тағатын жыланның кептірілген бас сүйегі.*

**Жыланбас білезік.** қолөнер. *Екі басын сүйірлеп, жыланның басына ұқсатып жасаған білезік түрі.*

**ЖЫЛАНБАУЫР**[1] сын. **1.** *Жыланның бауырындай; ирелеңдеген (қамшы).* **2.** *Шынжыр табанды (трактор). // Шынжыр табанды трактор.*

**ЖЫЛАНБАУЫР**[2] зат. қолөнер. *Жыланның бауырын көзге елестетін ою-өрнек түрі.*

**ЖЫЛАНБАУЫРЛАЙ** үст. *Ақырындап.*

**ЖЫЛАНБӨКТЕРГЕН** зат. астр. *Экваторлық шоқжұлдыз.*

**ЖЫЛАНБҮРКІТ** зат. зоол. <лат. circaetus gallicus> *Қауырсыны қоңыр-қызғылт, денесінің үсті түнжыр, төменгі жағы ақшыл, бауырында, құйрығы мен қанат ұштарында көлденең жолақтары бар қаршыға тұқымдас жыртқыш құс.*

**ЖЫЛАНДАЙ** сын. *Жылан сияқты.*

**Жыландай жарау ат.** *Таң асып, жаратылған ат туралы айтылады.* **Жыландай [кірпідей, жыланша] жиырылды.** *Жақтырмады, жаратпады, ұнатпады.* **Жыландай [жыланша] шұбатылған.** а) *Ирелеңдеген, ирең-ирең еткен.* ә) *Ұзыннан-ұзақ созылған.*

**ЖЫЛАНЖАЙ** зат. *Жыландарды қолдан арнайы өсіретін тәлімбақ.*

**ЖЫЛАНЖЕГІШ** зат. сөйл. зоол. ***Жыланжегіш қыран.***

**Жыланжегіш қыран.** зоол. <лат. circaetus gallicus> *Сұңқартәрізділер отряды, қаршығатәрізділер тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**ЖЫАНЖҮЗГЕН** бот. <лат. colubrinum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**ЖЫЛАНИРЕК** сын. *Түзу емес, ирелеңдеген.*

**ЖЫЛАНКӨЗ**[1] зат. мед. < лат. fistula> *Әртүрлі патологиялық жағдайға байланысты адам денесінде пайда болатын тесік.*

**ЖЫЛАНКӨЗ**[2] зат. **1.** *Заттардың бетіне мәнер салу үшін қолданылатын аспап.* **2.** қолөнер. *Ою-өрнек түрі.*

**ЖЫЛАНКӨЗ**[3] сын. **1.** *Жыланның көзіндей; жылт-жылт еткен.* **2.** *Жылтыраған, кішкентай, болмашы.*

**ЖЫЛАНКӨЗДЕН=** ет. *Жылтылдау, жылтырау.*

**ЖЫЛАНҚАЙЫР** сын. *Болмашы, кішкене.*

**ЖЫЛАНҚАРАҚ** зат. *Жылт етер май.*

**Жыланқарағы жоқ.** *Жылан көзі жылтырағы жоқ арық ет я қатықсыз көже.*

**ЖЫЛАНҚИЯҚ** зат. өс. ***Құртқашаш*** *(үлкен ақ, көк гүл жаратын көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ЖЫЛАНҚҰРТ** зат. анат. <лат. askarida> **1.** *Адам мен жануарлардың ішінде болатын жұмыр құрт; аскарида.* **2.** вет. *Осы құрт арқылы пайда болатын ауру.*

**ЖЫЛАНТАМЫР** зат. өс. *Ылғалды жерлерде өсетін, жапырақтары ұзын әрі жалпақтау, көгентамырлары шір-шір болып бітетін өсімдік.*

**ЖЫЛАНТАРАН** зат. бот. ***Жылантамыр.*** *Жылантаранның тамырсабақтары ұзын, сопақша әрі сағақты келеді. Тамыры иілген жылан тәрізді. Алқызыл келген ұсақ гүлдері бар. Оны дәрі ретінде қуық аурулары мен өтке тас байлағанда пайдаланады.*

**ЖЫЛАНТАС** зат. геол. *Ауылшаруашылығында, өнеркәсіпте отқа төзімді материалдар дайындау үшін пайдаланылатын, серпентин тобына кіретін минералдардың (хризотил, ангигорит, лизардит) жыныстық атауы.*

**ЖЫЛАНТІЛ** зат. өс. жерг. < лат. ophioglossum> *Қияқты шөп.*

**ЖЫЛАНХАНА** зат. *Улы жыландарды арнайы өсіретін тәлімбақ.*

**ЖЫЛАНША** ү с т. *Жылан сияқты, жыланға ұқсас.*

**Жыланша арбады**. а) *Небір амал-тәсіл, сөздермен басын әбден айналдырды.* ә) *Бір-біріне тарпа бас салмай, өзара байқастап, күшін, әлін сынасып тұрды.* **Жыланша арбау.** *Алдау, сөзбен, қимылмен, әрекетпен сиқырлау, көңілін басқа жаққа бұру.* **Жыланша жаланған.** *Жалаң қаққан, іскер, пысық.* **Жыланша жиырылды**. *Жақтырмай қалды, ұнатпады.* **Жыланша [жыландай] ирелеңдеді.** б е й н. *Ирелең-ирелең етті.* **Жыланша иреңдетіп.** *Сала құлаш қылып, созылтып.*

**ЖЫЛАН-ШАЯН** з а т. *Жылан, шаян сияқты улы, шаққыш жәндіктердің жалпы атауы.*

**ЖЫЛАНШӨП** з а т. ө с. *Шырмауық жиренше.*

**ЖЫЛАҢҚЫ** с ы н. **1.** *Ызыңдаған, тілазар, ештеңеге риза болмайтын.* **2.** а у ы с. *Көп жауатын, жаңбырлы, түнжыраңқы, түнеріңкі.*

**Жылаңқы бұлт**. п о э т. *Жауар бұлт, түнерген аспан.*

**ЖЫЛАҢҚЫЛАН=** е т. *Жылану, жылай беру.*

**ЖЫЛАҢҚЫРА=** е т. *Жылай түсу, көбірек жылау.*

**ЖЫЛАҢҚЫШӨП** з а т. б о т. <лат. lythrum> *Гүлі масақ тәрізді топтанған, күрең қызыл түсті біржылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЖЫЛАП-ЕҢІРЕ=** е т. *Жылау, еңіреу, боздау.*

**ЖЫЛАП-ЕҢІРЕУ** *Жылап-еңіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАП-КӨРІС=** е т. *Жылау, көрісу, бірбірін сағыну.*

**ЖЫЛАП-СЫҚТА=** е т. **1.** *Дауыс шығарып, дауыс шығармай, іштей жылаулардың жалпы атауы.* **2.** *Қайғыру, қамығу, жылау.*

**ЖЫЛАП-СЫҚТАУ** *Жылап-сықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАП-СЫҚТАУСЫЗ** ү с т. *Жыламай-сықтамай, қайғырмай.*

**ЖЫЛАРДАЙ: жылардай болды**. с ө й л. ***Жыларман болды***.

**ЖЫЛАРМАН** ү с т. *Жылайтындай, жыларлықтай.*

**Жыларман болды**. а) *Қатты қиналды.* ә) *Қатты жалынды, жалынышты күйге түсті.* **Жыларманға келді**. *Айтар сөзі қалмай, қылар шара таппай, жылауы ғана қалды деген мағынада.*

**ЖЫЛАС=** е т. **1.** *Қосылып жылау.* **2.** *Бір-біріне мауқын басысу, солығын басысу, іш босатысу.*

**ЖЫЛАСТЫР=** е т. *Жылаттыру; қайғыға салу, қинату.*

**ЖЫЛАСУ** *Жылас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАСЫП-СЫҚТАС=** е т. *Көрісу, жоқтасу, мауқын басысу.*

**ЖЫЛАСЫП-СЫҚТАСУ** *Жыласып-сықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАТ=** е т. **1.** *Жылатып отыра беру, жұбатпау.* **2.** *Зорлық көрсету, қинау, қайғы әкелу.* **3.** *Қапаландырып еңірету, зарлату, қақсату.*

**ЖЫЛАТҚЫШ** с ы н. *Жылата бергіш, жылатуға шебер.*

**ЖЫЛАТТЫР=** е т. *Тиіскіздіру, қамқор бола алмау, жылатуға себепкер болу.*

**ЖЫЛАТУ** *Жылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛАТЫП-ЕҢІРЕТІП** ү с т. *Күштеп, зорлап, еріксізден.*

**ЖЫЛАТЫП-СЫҚТАТ=** е т. *Жылату, еңірету.*

**ЖЫЛАУ** *Жыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көзінен жас шығару.* **2.** *Қайғырғанын сыртқа жылап білдіру.* **3.** *Қайғыру, қайғылану.* **4.** ж е р г. *Жоқтау.* **5.** а у ы с. *Шағыну, зарлау.*

**Жылау күндер, бұлау күндер**. *Қайғы-қасіреті мол, ауыр кез.* **Жылаумен болды.** *Жылай берді, көп жылады.* **Жылауын баспақ болды.** *Жұбатқысы келді, алдартпақшы болды.*

**ЖЫЛАУКЕР** з а т. ж е р г. ***Жылаңқы***.

**ЖЫЛАУҚОР** с ы н. с ө й л. *Жылауық; арызқой, шағымшыл.*

**ЖЫЛАУЛЫ** с ы н. *Жылап-сықтаған; қайғы-қасіретті.* // *Жылап-сықтаған адам.*

**ЖЫЛАУРА=** е т. с ө й л. ***Жыламсыра.***

**ЖЫЛАУСЫЗ** с ы н. *Жыламайтын, сықтамайтын.*

**ЖЫЛАУ-СЫҚТАУ** з а т. *Жылау, қайғылану, зар қағу.*

**ЖЫЛАУСЫРА=** е т. с ө й л. ***Жыламсыра.***

**ЖЫЛАУШАНДАЙ** с ы н. с ө й л. ***Шылаушындай***.

**ЖЫЛАУЫҚ**[1] с ы н. **1.** *Жылай беретін, жылағыш.* **2.** а у ы с. *Барды жоқ деп жыланып отыратын (адам).* // *Жылана беретін адам.* **3.** а у ы с. *Жауынды-шашынды, толассыз, жауыны бар.*

**Жылауық бұлт.** *Әлсін-әлсін, аз-аздап қайталап жауар бұлт.* **Жылауық күз.** *Күн салқындай бастаған, жауын-шашынды, лайсаң күз мезгілі.*

**ЖЫЛАУЫҚ**[2] з а т. б и о л. *Жан-жануарлардың ішкі құрылысында, басында болатын, ауа, су, құрт жиналатын кішкене қалташық.*

**ЖЫЛАУЫҚТАН=** е т. *Жыламсырау, жылаурау.*

**ЖЫЛАУЫҚТЫҚ** з а т. *Жылай бергіштік; сары уайымға салынушылық, жоқтан өзгені ойлай берушілік.*

**ЖЫЛАУЫҚШӨП** [плакун-трава] з а т. б о т. *Тиіп кетсең, жиырыла қалатын өсімдік.*

**ЖЫЛБУРЫН** з а т. б о т. *Қырықбуынның түрі: орман қырықбуыны.*

**ЖЫЛБЫРА=** е т. ж е р г. ***Былжыра.***

**ЖЫЛБЫС** с ы н. ж е р г. ***Тақыр***.

**ЖЫЛБЫСҚА** з а т. **1.** *Шала туған (іш тастаған) жас төлдің еті мен терісі.* **2.** *Малдың іш тастаған, толық жетілмеген төлі.* // *Былжыраған, жылп-жылп еткен.*

**Жылбысқа қар**. *Ери жауған қар.*

**ЖЫЛБЫСҚАЛАН=** е т. *Ылжырау, былжырау.*

**ЖЫЛБЫСҚЫ**[1] з а т. с ө й л. ***Жылбысқа.***

**ЖЫЛБЫСҚЫ**[2] з а т. м и ф. *Түрі адамға да, хайуанға да ұқсамайтын, денесі дымқыл түкті орман пәлесі.*

**ЖЫЛБЫСҚЫ**[3] ү с т. *Жай, әрең-әрең.*

**ЖЫЛБЫСҚЫЛАН=** е т. ***Жылбысқалан.***

**ЖЫЛҒА** з а т. **1.** *Қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше, ойпаң жер.* **2.** *Су, тау бөктерінен төмен құлай ағатын бұлақ суы.*

**ЖЫЛҒА-ЖЫЛҒА** з а т. *Бірнеше жылға, көп жылға.*

**ЖЫЛҒА-ЖЫЛҒАМЕН** ү с т. *Жылғаларды қуалай, жылға бойымен.*

**ЖЫЛҒАЛА=** е т. **1.** *Жылға-жылғамен бойлау, жылға-жылғаны қуу.* **2.** а у ы с. *Тасалану, жасырыну.*

**ЖЫЛҒАЛАН=** е т. *Тарам-тарам болып бөліну.*

**ЖЫЛҒАЛАТ=** е т. *Жылғамен ағу.*

**ЖЫЛҒАЛЫ** с ы н. *Жылғасы бар, жылғасы көп.*

**ЖЫЛҒАЛЫҚ** з а т. з о о л. <лат. trichoptera> *Дене тұрқы 0,5–3 см, жарғақ қанаттарын түк басқан, мұртшалары талшық тәрізді, ауыз аппараты жұмсақ, біршама редукцияланған (тарихи даму кезінде қандай да бір ағзаның жойылуы не жетілмей қалуы салдарынан), сұйық заттарды жалап қоректенуге бейімделген жәндіктер класының бір отряды.*

**ЖЫЛҒАУ** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Жылға.***

**ЖЫЛҒАШЫҚ** з а т. *Көлемі кішірек жылға.*

**ЖЫЛҒАЯҚТА=** ү с т. с ө й л. ж е р г. ***Жылыстау***.

**ЖЫЛҒЫ** с ы н. *Белгілі бір жыл ішіндегі.*

**ЖЫЛДА** ү с т. **1.** *Жыл сайын, жылына, жылма-жыл.* **2.** ж е р г. *Жылы.*

**ЖЫЛДАҒЫ** с ы н. *Жыл сайынғы, жыл бойындағы.*

**Жылдағысын жылда.** *Әр жыл сайын.*

**ЖЫЛДАҒЫДАЙ** с ы н. *Жылдағы әдеттегідей, бұрынғы көріп жүргендей.*

**ЖЫЛДА-ЖЫЛДА** ү с т. *Жыл сайын, жылма-жыл.*

**ЖЫЛДАЙ** с ы н. **1.** *Жылға жуық, белгілі бір жыл мөлшеріндей.* **2.** а у ы с. *Тым ұзақ, соншалықты ұзын.*

**ЖЫЛДАМ** ү с т. **1.** *Тез, шапшаң.* **2.** *Әп-сәтте.* // *Тез, уақытында орындайтын адам.*

**ЖЫЛДАМДА=** е т. *Тездеу, шапшаңдау.*

**ЖЫЛДАМДАТ=** е т. *Тездету, шапшаңдату.*

**ЖЫЛДАМДАТҚЫШ** с ы н. *Жылдамдататын, жылдамдықты арттыратын.*

**ЖЫЛДАМДАТУ** *Жылдамдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛДАМДАУ**[1] с ы н. *Шапшаңырақ, тезірек.*

**ЖЫЛДАМДАУ**[2] *Жылдамда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛДАМДЫҚ** з а т. **1.** *Шапшаң қимыл жасауға икемділік, тездік.* **2.** *Көліктердің, ұшатын денелердің белгілі бір уақытқа қатысты жүру қозғалысы.* **3.** ф и з. *Дененің белгілі бір қашықтықты жүріп өту уақыты, қарқыны.*

**ЖЫЛДАМДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Жылдамдық***.

**ЖЫЛДАМ-ЖЫЛДАМ** ү с т. *Тез-тез, шапшаңдатып.*

**ЖЫЛДАМЫРАҚ** с ы н. *Тезірек, шапшаңырақ.*

**ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА** ү с т. *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.*

**ЖЫЛДАП** ү с т. **1.** *Бірнеше жыл бойы.* **2.** *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.*

**ЖЫЛДАС** с ы н. *Бір жылда туған.*

**ЖЫЛДЫҚ** с ы н. **1.** *Белгілі бір жылға созылған.* **2.** *Бір жылға жететін, жыл бойына керекті.* **3.** ж е р г. *Жыл.*

**Жылдық ағынды.** с у ш а р. а) *Өзен алабынан бір жыл ішінде ағып жиналатын судың мөлшері.* ә) *Су жинау немесе өзен алабын шектеуші тұстама арқылы бір жыл ішінде ағып өтетін су көлемі.* **Жылдық баға**. п е д. *Оқушылардың жыл бойы алған білімін бағалау ретінде қойылатын, төрт тоқсандық бағаларының қосындысы мен емтихан бағасынан шығатын орташа баға.* **Жылдық есептеме**. э к о н. *Заңды тұлғаның (кәсіпорынның, бірлестіктің, ұйымның) есепті кезеңдегі өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметінің нәтижелері туралы бухгалтерлік құжаттар кешені.* **Жылдық жер.** *Атпен, арбамен, түйемен жүргенде жылға жуық жүретін, қашық жер.* **Жылдық жиынтық табыс**. э к о н. *Салық төлеушінің жылдық табысы, оған жөнелтілген өнім, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер және салық төлеуші алуға тиіс (алған) заттар үшін үшінші бір тұлғаларға өзара есеп айырысу тәртібімен немесе тікелей және жанама шығыстарды өтеу үшін жіберілген ақшалай немесе басқа да қаражат.* **Жылдық жоспар.** *Бір жылға арналған, қаржы жылының аяғына дейінгі жоспар.* **Жылдық қабат**. б и о л. *Өсімдікте ағаш сүрегінің өсу аймағы.* **Жылдық сынама**. к е н. *Тоқсандық сынамалардың жиынтық көрсеткіші.*

**ЖЫЛДЫМ**[1] с ы н. *Ұзақ уақыт сауылатын (мал).* // *Күйі ерте келіп, жиі бұзаулайтын сиыр.*

**ЖЫЛДЫМ**[2] с ы н. с ө й л. ***Жылдам***.

**ЖЫЛДЫМДЫҚ** з а т. с ө й л. ***Жылдамдық***.

**ЖЫЛДЫРМАЛАТ=** е т. с ө й л. *Тездету, шапшаңдату.*

**ЖЫЛЖИ-ЖЫЛЖИ** ү с т. *Ақырындап жылжып отырып.*

**ЖЫЛЖУ** *Жылжы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЖЫ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің белгілі бір бағытқа қарай баяу жүруі, ақырын қозғалуы.* **2.** *Тұрған орнынан қозғалу, жүре бастау.* **3.** *Жыбырлау, жүргенін білдірмеу.* **4.** *Қозғалу, орнын ауыстыру.* **5.** *Ағу, құйылу.* **6.** *Өту.* **7.** *Жоғарылап көтерілу, алға ақырындап сырғу.*

**8.** а у ы с . *Өзгеру.* **9.** а у ы с . *Уақыт өту, жайлап өмір сүру.*

**Жылжымайтын мүлік.** қ о ғ . -э к о н . *Орнықты мүлік.*

**ЖЫЛЖЫҒАНСЫ=** е т . *Жылжыған түр көрсету, жылжыған сияқты болу.*

**ЖЫЛЖЫҒЫШ** с ы н. *Жылжымалы, жылжитын.*

**ЖЫЛЖЫҒЫШТЫҚ** з а т. *Жылжымалылық қасиет.*

**ЖЫЛЖЫМА** з а т. к е н . *Беткейдегі таужыныс массасы ауырлық күшінің, оған қоса тасымалдайтын көліктің, үйіндінің, жару жұмыстарының әсерінен баяу жылжып сырғуы.*

**ЖЫЛЖЫМАЙТЫН: жылжымайтын мүлік**. э к о н . *Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі жер мен басқалай табиғи жайылымдар, жерге заттық құқықтар, сондай-ақ, жерде орналасқан, соған тікелей байланысқан кез келген мүліктер (ғимараттар, мекен-жайлар, зауыттар т.б.).*

**Жылжымайтын мүлік салығы**. э к о н . *Жылжымайтын мүлік үшін бюджетке жыл сайын төленетін міндетті төлем.*

**ЖЫЛЖЫМАЛЫ** с ы н . **1.** *Ары-бері жылжытуға болатын, қозғалмалы.* **2.** *Бір жерден екінші жерге ауыстыруға, апаруға болатын.* **3.** *Сусымалы, көшпелі.*

**Жылжымалы байланыс құралдары**. ә с к . *Оперативтік құжаттар және басқа да қызметтік құжаттарды жеткізуге арналған көлік құралдары.* **Жылжымалы басқару пункті**. ә с к . *Құтқару жұмыстарын жүргізуді тікелей басқару үшін құрылған пункт.* **Жылжымалы баспалдақ.** т е х . <ағыл. ecscalator> *Адамдарды тасымалдауға арналған сатыларда үздіксіз қозғалып тұратын еңіс конвейер.* **Жылжымалы бөгеу атысы**. ә с к . *Жаудың танкілері мен жаяу әскерлерінің шабуылына тойтарыс беріп, өз әскерлерінің алдыңғы қорғаныс шебіне жеткенге дейін жауды бөгеп, жою үшін артиллериядан жүргізілетін атыс.* **Жылжымалы желі**. и н ф . *Ашық ортада жеткізу техникасын қолдана отырып, бір-бірімен немесе орталық (қозғалмайтын) компьютермен әрекеттесе алатын жылжымалы стансылардан тұратын желі.* **Жылжымалы (уақытша) жолдар**. к е н . *Кен жұмыстары технологиясының шарттары бойынша белгілі бір уақыт аралығында көшіріліп отыратын карьер жолдары.* **Жылжымалы кітап дүкені.** *Көшпелі кітап саудасы, кітап сататын дүкен.* **Жылжымалы қорлар**. ә с к . *Штаттық көлік құралдарында, әскери және басқа да мәшинелерде, ұшқыштар құрамы жолында сақталатын және ұрыс қимылдары барысында қайта топтастыру кезінде бөлімшелермен, бөлімдермен бірге ауысып отыратын қорлар.* **Жылжымалы механикаландырылған колонна**. с у ш а р . *Бастапқы (ең алғашқы) мердігерлік құрылыс жасау немесе жөндеу мекемесі.* **Жылжымалы мүлік.** м е т р . *Көбінесе көшірілетін немесе жылжымалы, яғни жерден және оған байланысты (ғимараттар, құрылыстар және т. б.) мүліктерден басқа нысандар.* **Жылжымалы ойынхана.** <франц. chapiteau> *Брезенттен жасалған шатырда циркттік қойылымдарды елді аралай жүріп көрсететін жылжымалы орын.* **Жылжымалы сорғы стансысы**. с у ш а р . *Судың деңгейін биіктету, өрдегі суарма телімдерге су жеткізу, кейбір су қоймаларын сумен толтыру және жерасты суларын сорып шығару үшін қолданылатын ғимараттар кешені.* **Жылжымалы тамақтандыру пункті**. ә с к . *Орналасу, құтқару және апаттық-шұғыл қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу аудандарындағы жасақтардың адам құрамын, сондай-ақ алғашқы медициналық көмек жасағындағы зақымданған адамдарды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін құрылған пункт.* **Жылжымалы телевизия стансысы.** т е х . *Студиядан тыс жерде әзірленген бағдарламаны телевизия орталығының түғырлы аппаратына жеткізуге арналған жабдықтар кешені.* **Жылжымалы үй.** *Көшпелі үй.* **Жылжымалы электр стансысы**. *Көлікке орнатылған электр стансысы.*

**ЖЫЛЖЫҢҚЫРА=** е т . *Қозғалыңқырау, сырғыңқырау.*

**ЖЫЛЖЫТ=** е т . **1.** *Орнынан қозғау, орнын ауыстыру. // Ақырын-ақырын қозғау.* **2.** *Жүргізу.* **3.** а у ы с . *Басқа жаққа астыртын ауыстыру, тайдыру; сырғыту.*

**Жылжытқыш жүктеуіш.** и н ф . *Бағдарламаны жүктеумен қатар компьютер жадында оны басқа орынға ауыстыруды орындайтын жүктеуіш.*

**ЖЫЛЖЫТПА** с ы н . *Шығарыпсалма, емексітпе.*

**ЖЫЛЖЫТПАЛА=** е т . *Әне-міне деп соза беру.*

**ЖЫЛЖЫТПАЛАТ=** е т . *Тайғанақтату, созу, артын көрсетпеу.*

**ЖЫЛЖЫТУ** *Жылжыт етістігінің қимыл атауы.*

**Жылжыту режимі**. и н ф . <ағыл. spooling> *Тапсырманың орындалуымен параллель жүзеге асырылатын және осы орындалудың үзіліссіздігі жасақталатын мәліметтерді енгізу-шығару режимі.* **Жылжыту файлы**. и н ф . <ағыл. paging file> *Басқа бағдарламаларға жадта орын босату үшін қолданылатын, файл дискіде арнайы бөлінген аймақ (жадтан шығарылған виртуал беттің ішінде сақталатын жүйелік файл).*

**ЖЫЛЖЫТЫЛ=** е т . *Орын ауыстырылу.*

**ЖЫЛЖЫТЫЛУ** *Жылжытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЖЫТЫҢҚЫРА=** е т . *Аздап ысыру, қозғау.*

**ЖЫЛҚЫ** з а т . **1.** *Төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі, ақ мал.* **2.** э т н . *Соғымға, үлкен астарға, тойға, үлкен, қадірлі кісінің өліміне сойылатын, қазы, қарта, жаясы бағаланатын, еті дәмді, кәделі мал.* **3.** з о о л . <лат. eguus caballus> *Тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы.* **4.** *Жылқының үйірі, табыны.* **5.** *Жүйрік ат, тұлпар, бәйгеге қосу, көкпарға міну үшін жаратылатын ат.* **6.** э т н . *Сүті, қымызы үшін қолда ұсталатын үй жануары, мал, бие.* **7.** э т н . *Қазақтың дәстүрлі қоғамында байлығы, үстем тап арасындағы орны, беделі өлшенетін бірлік.* **8.** *Бәйгеге, бас бәйгеге тігілетін құнды сыйлық.* **9**. *Айырбасқа, ақша орнына жүретін бағалы пұл.* **10.** э т н . *Өлтірілген адамның құнына алынатын мал.* **11.** э т н . *Барымталанатын мал.* **12.** э т н . *Қалыңмал ішіндегі бас тоғызға беретін негізгі мал.* **13.** п о э т . *Береке-бірліктің, жайма-шуақ жайлылықтың, байлықтың, тыныштықтың нышаны.*

**Жылқы айдады**. *Жылқыны үйір-үйірімен қайырып, айдап, үстінен өтіп кетті.* **Жылқы айдап әкетті**. *Зорлықпен, барымтамен жылқы үйірін алып кетті.* **Жылқы аурулары**. в е т . *Жылқы ағзасының қалыпты жағдайының бұзылуынан болатын ауру.* **Жылқы бақты.** *Жылқыны үйір-үйірімен қыста, көктемде тұяғымен қарды аршып, шөп тауып жайылатын, тау, бөктер, ықтасын жерлерде, ойға түспей, жайылымда бақты.* **Жылқыға салды.** *Жылқы бақтыруға жіберді, жылқы бақтырды.* **Жылқыға түсті.** *Ұрлық қылды деген мағынада айтылады.* **Жылқыдан қыл құйрық қалмады.** *Жылқы малы түгел қырылды.* **Жылқы еті.** а) *Сойылған жылқы еті.* ә) *Сойылған жылқы етінің асылған, пісірілген түрі.* **Жылқы жылы.** *Жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел есебінің жетінші жылы.* **Жылқы зауыты**. *Тұқымдық, спорттық, міністік және жегіс жылқыларын өсіретін арнайы шаруашылық.* **Жылқы малы.** *Төрт түліктің ішіндегі жылқыға қатысты айтылатын ерекше қастерлегенді білдіретін атауыш.* **Жылқы мінезді [кісі, ел].** *Төзімді, шыдамды, көнбіс.* **Жылқы мінезді [мінездес]**. *Өзгермелі, құбылмалы.* **Жылқы өсіру**. *Жылқы санын көбейту, сапасы мен өнімін арттыру, әртүрлі мақсаттарға тиімді пайдалану бағытындағы малшаруашылығының негізгі бір саласы.* **Жылқы суарды**. *Жылқыны үйірімен суатқа, тоған, өзен, көлдерге түсіріп, су ішкізді.*

**ЖЫЛҚЫДАЙ** с ы н . *Жылқы сияқты, жылқы тәрізді.*

**Жылқыдай жусатып, қойдай өргізу**. *Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу.*

**ЖЫЛҚЫҚҰЙРЫҚ** з а т . б о т . *Сабағы жылқының құйрығы құсап төгіліп тұратын майда шөп*

**ЖЫЛҚЫҚҰЛАҚ** [щавель пирамидальный] б о т . *Қымыздықтың бір түрі: сүмбіл қымыздық.*

**ЖЫЛҚЫЛАН=** е т . *Жылқысы көбею, жылқы малына бай болу.*

**ЖЫЛҚЫЛЫ** с ы н . *Жылқысы көп, жылқыға бай.*

**ЖЫЛҚЫТЕКТЕС** з а т . з о о л . <лат. eguidae> *Тақтұяқты сүтқоректі жануарлардың тұқымдасы.*

**ЖЫЛҚЫША** ү с т . *Жылқыға ұқсап, жылқы сияқтанып.*

**ЖЫЛҚЫШӨП** з а т . ө с . <лат. trientalis> з а т . б о т . *Шалғынды жерлерде өсетін, жапырақтары көп шөп. Биіктігі 10-15 см-дей. Сабағы тік. Жапырақтары ұсақ. Гүлінің түсі ақ.*

**ЖЫЛҚЫШЫ**[1] з а т . **1.** *Жылқы бағатын адам.* **2.** а у ы с . э т н . *Жаңа туған жас бала, ұл.*

**Жылқышы ата.** м и ф . *Жылқы малының пірі, иесі.* **Жылқышы аулы.** *Қоста жылқы бағатын, елге, ойға түспей, шөбі бар, ықтасын жерлерде тұратын жылқышылардың тұрағы.* **Жылқышы болды**. *Жылқы бағумен айналысты.*

**ЖЫЛҚЫШЫ**[2] з а т . з о о л . <лат. scolopax rusticola> *Сулы, батпақты жерде өмір сүретін, тұмсығы ұзын және төмен қарай иілген сұрғылт түсті құс.*

**ЖЫЛҚЫШЫЛЫҚ** з а т . *Жылқы бағуды кәсіп етушілік.*

**ЖЫЛМА**[1] з а т . **1.** *Жел ауруына қолданылатын халықтық ем, дәрі.* **2.** ж е р г . *Түйе сүтіне пияз, бұрыш, май салып, қайнатып ауру адамға беретін тағамның бір түрі.*

**ЖЫЛМА**[2] з а т . ж е р г . *Үй сылайтын темір қалақ.*

**ЖЫЛМА**= е т . ж е р г . *Бөгелмей, мүдірмей сөйлеу, судай ағу.*

**ЖЫЛМАҒАЙ** с ы н . **1.** *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс; жылп-жылп еткен, жылпылдақ.* **2.** а у ы с . *Жылпос, пысық, жылмақай.* **3.** а у ы с . *Сақал-мұрты жоқ, жып-жылтыр.*

**Жылмағай сөз**. *Мәнсіз, жылтыраған бос сөз.*

**ЖЫЛМАҒАЙЛА=** е т . *Тегістеу, жып-жылмағай ету.*

**ЖЫЛМАҒАЙЛАУ** *Жылмағайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛМА-ЖЫЛ** ү с т . *Әр жылда, жыл сайын.*

**ЖЫЛМА-ЖЫЛҒЫ** с ы н . *Әр жылдағы, жыл сайынғы.*

**ЖЫЛМА-ЖЫЛДЫҚ** с ы н . *Әр жылғы, жыл сайынғы.*

**ЖЫЛМАЙ=** е т . с ө й л . **1.** ***Жылми.*** **2.** а у ы с . *Ағып тұру, судай болу.*

**Жылмай ақты**. *Ішке ас тұрмады, бойларына жұқпады.*

**ЖЫЛМАЙТ=** е т . с ы н . ***Жылмит.***

**ЖЫЛМАЙЫС=** е т . с ы н . ***Жылмиыс.***

**ЖЫЛМАЙЫСУ** *Жылмайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛМАҚАЙ** с ы н . *Сумақай, жылпос, ылпың-жылпың. // Сумақай, жылмос адам. .*

**ЖЫЛМАҢ** с ы н . **1.** *Жылпос, қу, жылмақай.* **2.** *Алдамшы, сұм.*

**Жылмаң етті.** *Лып етті, жып етті.* **Жылмаң қақты.** а) *Жалаңдады, жалақтады.* ә) *Жылмаңдап, асты-үстіне түсті, іші-бауырына кірді.*

**ЖЫЛМАҢДА=** е т. **1.** *Сыпсыңдау, сумаңдау, жылмаң қағу.* **2.** *Біреудің іші-бауырына кіріп жағыну, жақсы көріну, жарамсақтану.*
**ЖЫЛМАҢДАТ=** е т. *Жылмаң-жылмаң еткізу, жалақтату, сумаңдату.*
**ЖЫЛМАҢДАУ** *Жылмаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЫЛМАҢДЫҚ** з а т. *Жылмаң-жылмаң етушілік.*
**ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ** е л і к. *Қайта-қайта қылмаң-қылмаң, сумаң-сумаң еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**Жылмаң-жылмаң етті**. *Жылмаңдады, жылмаң қақты.*
**ЖЫЛМИ=** е т. **1.** *Ештеңе болмағандай жайдарылана қалу, аярлана тымыраю.* **2.** *Жып-жылмағай, теп-тегіс болу.*
**ЖЫЛМИТ=** е т. **1.** *Жып-жылмағай ету.* **2.** *Тақырлату, жылтырату.* **3.** а у ы с. *Ізін білдірмеу, шебер қиыстыра білу.* .
**ЖЫЛМИТЫҢҚЫРА=** е т. *Жылмағайлаңқырау, жатқызыңқырау.*
**ЖЫЛМЫҚ** з а т. с ө й л. ***Жылымық*** *(қар еріп, күн жыли бастаған кез, көктем маусымының басталар шағы).*
**ЖЫЛМЫҚАЙ** с ы н. с ө й л. ***Жылмақай.***
**ЖЫЛМЫҚТАН=** е т. *Қардың созалаңдап баяу еруі.*
**ЖЫЛМЫҢ** е л і к. *Сумаң, жылмаң еткен, жылмаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*
**Жылмың етті.** *Жылмаңдады, жылпың қақты.* **Жылмың [жылмаң] қақты**. *Жылмың-жылмың етті, жылпостанды.*
**ЖЫЛМЫҢДА=** е т. с ө й л. ***Жылмаңда.***
**ЖЫЛМЫҢДАУ** *Жылмыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЫЛМЫҢ-ЖЫЛМЫҢ** е л і к. *Қайта-қайта жылмаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**Жылмың-жылмың етті.** *Жылмаңдады, жылмаң қақты.*
**ЖЫЛМЫРАЙ=** е т. с ө й л. ***Жылми.***
**ЖЫЛМЫРЛЫҚ** з а т. *Пасық қулық, жылмысқы айлакерлік, жылпостық.*
**ЖЫЛМЫРТ** з а т. ж е р г. *Ұн мен майды араластырып, қуырып істейтін тағам.*
**ЖЫЛМЫСҚЫ** с ы н. *Шынайы емес, жалған; арам, жымысқы.*
**ЖЫЛНАМА** з а т. *Халықтың, мемлекеттің, қаланың т.б. жылма-жыл жазылып отырылған тарихы, шежіресі; аса маңызды жазба деректер.*
**ЖЫЛНАМАШЫ** з а т. *Жылнама жазатын адам, жылнамамен айналысатын кісі.*
**ЖЫЛП** е л і к. *Жылмақай, тайғанақ заттың жылпылдап тұрмайтындығын бейнелейтін сөз.*
**Жылп берді**. *Зып етті, жылпылдап тұрмады.* **Жылп етті.** *Жылпылдап тұрмады, зып ете түсті.*
**ЖЫЛПАҢДА=** е т. с ө й л. ***Жылпыңда.***
**ЖЫЛП-ЖЫЛП** е л і к. *Жылмақай заттың қайта-қайта жылпылдап тұрмағанын бейнелейтін сөз.*
**Жылп-жылп етті.** *Жылпылдап тұрмады, лыпылдады.*
**ЖЫЛПОС** с ы н. **1.** *Пысық, епті, ылпыңжылпың.* **2.** *Шиырақ, ұшқыр, жүрдек.* **3.** а у ы с. *Арам, қу, айлакер. // Қу, айлакер адам.*
**ЖЫЛПОСТАН=** е т. *Пысықсу, ширақсу.*
**ЖЫЛПОСТАУ** с ы н. *Пысықай, жылпыңырақ, ептірек.*
**ЖЫЛПОСТЫҚ** з а т. *Пысықайлық, ылпыңжылпыңдық.*
**ЖЫЛПЫҚ: жылпық сары**. *Шикіл сары.*
**ЖЫЛПЫЛ** з а т. *Жылп-жылп етушілік, жылмаңдаушылық.*
**ЖЫЛПЫЛДА=** е т. **1.** *Жылп-жылп ету, тайғанақтап тұрмау.* **2.** *Жып-жып ету, лыпылдау.* **3.** а у ы с. *Біреудің асты-үстіне түсіп жағымпаздану, жарамсақтану.*
**ЖЫЛПЫЛДАҚ** с ы н. *Жылп-жылп еткен, жылпылдап тұрған. // Жылпылдаған, жылп-жылп еткен мінез. // Біреудің асты-үстіне түсетін епті, қошеметшіл, жылпықдақ адам.*
**ЖЫЛПЫЛДАҚТЫҚ** з а т. *Пысықтық, ұшқырлық.*
**ЖЫЛПЫЛДАТ=** е т. *Зуылдату, ар жағы шикі істі білдірмеу үшін көзалдау жасау, тездету.*
**ЖЫЛПЫЛДАТУ** *Жылпылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЫЛПЫҢ** с ы н. **1.** *Пысық, шапшаң, жылпос.* **2.** *Жүрісті, тез қимылдайтын, ылдымжылдым.* **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Сыпсыңдаған, сумақайланған.*
**ЖЫЛПЫҢДА=** е т. *Жылп-жылп ету, пысықсу, жылпостану.*
**ЖЫЛПЫҢДАУ** *Жылпыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЫЛПЫҢДЫҚ** з а т. *Пысықтық, ширақтық.*
**ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ** е л і к. *Жылмаңдаған, жылп-жылп еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**Жылпың-жылпың етті.** *Жылпыңдады, жылпостанды.*
**ЖЫЛПЫСЫН** ү с т. ж е р г. ***Жылбысқа.***
**ЖЫЛТ[1]=** е т. с ө й л. ***Жылыт.***
**ЖЫЛТ[2]** е л і к. *Бір нәрсенің кенет жылтырап көрінуін бейнелейтін сөз.*
**Жылт етті.** а) *Жылтырады.* ә) *Оқыстан шыға келді, пайда болды.* **Жылт еткен**. *Көрінген, азғана, болмашы.* **Жылт етпе [жылт етер].** *Бір көрме, жылт етіп жоқ болатын.* **Жылт қазы.** э т н. *Әр жерінен ағарып майы білінетін қазы.*
**ЖЫЛТ[3]** с ы н. ж е р г. *Жылпос, жылпылдаған, қу, айлакер.*
**ЖЫЛТ-ЖЫЛТ** е л і к. *Қайта-қайта көрінген жарықты бейнелейтін сөз.*
**Жылт-жылт етті.** *Жалт-жұлт етті, жылтырады.*
**ЖЫЛТИ=** е т. *Кішкентай болып көріну, жылтырау.*
**ЖЫЛТИТ=** е т. *Қылтиту.*
**ЖЫЛТСЫЗ** с ы н. ж е р г. *Санасыз, сезімсіз, ұятсыз.*
**ЖЫЛТУ** *Жылт етістігінің қимыл атауы; жылыту.*
**ЖЫЛТЫҚАЙ** с ы н. с ө й л. ***Жылмақай.***
**ЖЫЛТЫЛ** з а т. *Бір нәрсенің жылтылдаған көрінісі.*
**Жылтыл қақты.** *Жалт-жалт етті, жылтылдады.*
**ЖЫЛТЫЛДА=** е т. **1.** *Оттың, жарықтың жылт-жылт етіп көрінуі.* **2.** *Жылтырау, жалтырау, жарқырау.* **3.** *Ағару, ерекшелену.* **4.** *Сығыраю.* **5.** *Шылқылдау.* **6.** а у ы с. *Көз алдау, сыртын түзеу.* **7.** а у ы с. *Күнге қатты күйген шойынқара дененің көрінуі.* **8.** а у ы с. *Көріну, ашық жүру.*
**ЖЫЛТЫЛДАҚ** с ы н. *Жылт-жылт еткен, жылтыраған.*
**ЖЫЛТЫЛДАТ=** е т. *Оттың, жарықтың жылт-жылт етіп көрінуі.*
**ЖЫЛТЫЛДАУ** *Жылтылда етістігінің қимыл атауы.*
**ЖЫЛТЫҢ** с ы н. *Жылтиған, жылт-жылт еткен.*
**Жылтың етті.** а) *Жылмаң етіп көрінді.* ә) *Тез өтіп кетті.* **Жылтың қақты.** *Жылт-жылт етті.*
**ЖЫЛТЫҢДА=** е т. **1.** *Жылт-жылт етіп көріну.* **2.** а у ы с. *Жылмаңдау, қылмаңдау.* **3.** *Қайта-қайта келгіштеу, көріну.*
**ЖЫЛТЫҢДАТ=** е т. *Қайта-қайта көрсету, қылтыңдату.*
**ЖЫЛТЫҢДАУ** *Жылтыңда етістігінің қимыл атауы, жылмаңдау.*
**ЖЫЛТЫҢ-ЖЫЛТЫҢ** е л і к. *Қайта-қайта жылтыңдағанды, көрінгенді бейнелейтін сөз.*
**Жылтың-жылтың етті**. а) *Жылтыңдады.* ә) *Жылмаңдады.*
**ЖЫЛТЫР** с ы н. **1.** *Тайғанақ, жылмағай.* **2.** *Жылт-жылт еткен.* **3.** *Күнге күйіп, жылтыраған.* **4.** *Кірден, көп үйкелгеннен жылтыраған.* **5.** *Айнадай, мөлдір. // Жылтырақ.* **6.** а у ы с. *Жылпос, жылмаң қаққан.*
**Жылтыр қара.** *Өңі бірыңғай шымқай қара (адам).* **Жылтыр мата.** ж е р г. *Бишілер, әртістер киім тігетін жылтырақ мата.* **Жылтыр сөз**. *Мәнсіз, мағынасыз сұлу сөз.*
**ЖЫЛТЫРА=** е т. **1.** *Жылт-жылт ету, жылтырап көріну.* **2.** а у ы с. *Жақсы көрінуге тырысу, көлгірсу.* **3.** а у ы с. *Бір нәрседен елес беру, үміттендіру.* **4.** а у ы с. *Өтірік, сырты сұлу көріну.*
**ЖЫЛТЫРАҚ** с ы н. *Жылт-жылт еткен, жылтырауық. // Көзге әдемі, іске татыр жақсы зат. // Сырты әдемі, көз алдайтын, бірақ мәнсіз, қажетсіз зат т.б.*
**Жылтырақ сөз.** *Көпірме, бос сөз.*
**ЖЫЛТЫРАҚТЫҚ** з а т. *Көпірмелік, бос сөздік.*
**ЖЫЛТЫРАС=** е т. *Жылт-жылт етісу.*
**ЖЫЛТЫРАТ=** е т. **1.** *Жалт-жұлт еткізу.* **2.** *Тақырлату.*
**ЖЫЛТЫРАТУ** *Жылтырат етістігінің қимыл атауы. //* т е х. *Металдан, шыныдан т.б. қатты заттардан жасалған заттарды таптаза қылып сүрту.*
**ЖЫЛТЫРАУ** *Жылтыра етістігінің қимыл атауы, жылт-жылт ету.*
**ЖЫЛТЫРАУЫҚ** с ы н. *Жылт-жылт еткен, жалтырауық. // Қыз-келіншек сән үшін тағынатын асыл бұйым, жылтырақ.*
**Жылтырауық сөз**. *Жылтыр сөз, көпірме, бос сөз.* **Жылтырауықтарынан арылды**. *Шын бет-бедері көрінді, шынайы болмысын көрсетті.*
**ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫ** с ы н. *Жылтырауығы бар.*
**ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫҚ** з а т. *Жылтырауық затқа тән қасиет.*
**ЖЫЛТЫРЛАН=** е т. **1.** *Жылтыр түске ену, жылт-жылт ету.* **2.** *Беті тегістеніп, тайғанақ, жылмағай қалыпқа түсу.*
**ЖЫЛТЫРЛЫҚ** з а т. **1.** *Жылтыр затқа тән қасиет.* **2.** ф и з. *Минерал кристалының жарық сәулелерін сындыру (шағылдыру) қабілетімен сипатталатын физикалық қасиеті.*
**ЖЫЛТЫРСЫЗ** с ы н. *Етсіз, майсыз.*
**ЖЫЛТЫРСЫЗДЫҚ** з а т. *Жылтыры жоқтық.*
**ЖЫЛУ[1]** з а т. **1.** *Күннен, оттан бөлінетін қызу.* **2.** *Адам денесінде, киімде, топырақта сақталатын жылылық.* **3.** ф и з. *Денені құрайтын бөлшектердің (молекулалардың, атомдардың, электрондардың, фотондардың т.б.) бейберекет (тәртіпсіз) қозғалысының бір түрі.* **4.** *Жылылық.* **5.** а у ы с. *Мейірімділік, қайырымдылық, жылылық.* **6.** а у ы с. *Рақат.* **7.** а у ы с. *Қызу, жалын.* **8.** а у ы с. *Әдемі, қымбат шақ.* **9.** а у ы с. *Жақсылық, шарапат.* **10.** а у ы с. *Пана, саялайтын жер.*
**Жылу ағымы**. г е о л. *Қандай да бір изотермиялық бет арқылы уақыт бірлігінде өтетін жылу мөлшері.* **Жылу алды**. *Қуат, күш алды.* **Жылу алмасу**. ф и з. а) *Жылудың қызуы мол денеден қызуы кем денеге таралу процесі.* ә) *Жылу тасымалдаудың температуралық градиенті салдарынан өздігінен жүретін қайтымсыз процесс.* **Жылу алмасу коэффициенті**. к е н. *Жылу алмасу қарқындылығын сипаттайтын шама.* **Жылу барды.** *Жылылық, жақсылық, жалын сезілді.* **Жылу берді.** а) *Жылытты, қыз-қыз қайнатты.* ә) *Күш-қуат берді, қайраттандырды.* б) *Еңбектенді, күш-қуатын жұмсады.* **Жылу беру**. ф и з. *Қатты дене беті және онымен жанасатын орта – жылу тасығыш (сұйықтық, газ) арасындағы жылу алмасу.* **Жылу беру коэффициенті**. к е н. *Жылу беру қарқындылығын сипаттайтын шама.* **Жылуды реттеу**. б и о л. <грек. therme – жылу және лат. regulare – реттеу>. *Қоршаған орта температурасының ауытқуына қарамастан, адам, сүтқоректілер және құстардың дене температурасын тұрақты деңгейде сақтау*

*қабілеті.* **Жылудың механикалық эквиваленті**. ф и з. *Жылу мөлшерінің бірлігіне (калорияға немесе килокалорияға) эквивалентті жұмыс мөлшері.* **Жылу енді.** *Жылынды, жылу алды.* **Жылу жүйесі.** *Бір орталықтан жылумен жабдықтауда жылу тасығыш заттарды (ыстық су мен бу) тұтынушыларға жеткізіп беретін құбырлар желісі.* **Жылу мәшинесі**. *Жылудың жұмысқа не жұмыстың жылуға айналуы іске асырылатын мәшине (жылулық қозғалтқыш, жылулық сорғы т.б.).* **Жылу көздері**. ф и з . *Жылу энергиясын беретін орын.* **Жылумен қамтамасыз ету**. *Тұрғын үйлерді, қоғамдық және өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ, тұтынушыларды жылу тасығыштар (ыстық су немесе бу) арқылы жылумен қамтамасыз ету.* **Жылу қашты.** *Бойы жылынбады.* **Жылу қорғағыш шыны.** х и м. *Толқын ұзындығы 0,7 мкм инфрақызыл сәуледен қорғайтын шыны.* **Жылу құйды**. *Әсерлендірді, үміттендірді, жақсылыққа жетеледі.* **Жылу өткізбейтін материалдар**. ф и з. *Жылу өткізгіштігі төмен материалдар.* **Жылу өткізгіштік коэффиценті.** ф и з. *Жылу ағынының және заттағы оны тудыратын температура градиенті арасындағы пропорционалдық коэффициент.* **Жылу сүйгіш бактериялар**. з о о л. *Тіршілік етуі үшін жоғары температураны (40°-тан 80°-қа дейін) қажет ететін бактериялар.* **Жылу сыйымдылығы**. ф и з. *Дененің температурасын 1 градусқа (1° С-ға не 1 К-ге) арттыруға жұмсалатын жылу мөлшері.* **Жылу теңдестігі**. с у ш а р. *Тұйық жүйедегі энергияның бір күйден екінші күйге өту мүмкіндігін есепке ала отырып, жылу энергиясының сақталу заңдылығын сипаттау.* **Жылу техникасы**. ф и з. *Жылу энергиясын алу мен оны пайдалану әдістерін қамтитын ғылым мен техника саласы.* **Жылу торабы**. т е х. *Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету жүйесінің жылу тасымалдағышпен (ыстық сумен не бумен) жылу көзінен тұтынушыларға жылу жеткізіп беретін, жылылық сақтайтын оқшауламамен қапталған құбырлар жүйесі.* **Жылу энергетикасы**. ф и з. *Жылудың энергияның басқа түрлеріне (механикалық, электрлік, гидравликалық т.б.) түрленуін зерттейтін жылу техникасының саласы.* **Жылу электр орталығы**. с у ш а р. *Қалалық ірі зауыт немесе кәсіпорындар тобына қызмет көрсететін және осы тұтынушыларды электр энергиясымен, бумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін электр стансысы.* **Жылу электр стансысы**. *Органикалық отынды жағу кезінде бөлініп шығатын жылу энергиясын түрлендіру нәтижесінде электр энергиясын өндіретін электр стансысы.*

**ЖЫЛУ²** з а т. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем.*

**ЖЫЛУАЛМАСТЫРҒЫШ** з а т. к е н. *Негұрлым жоғары температуралы ортадан (қыздырғыш жылу – жылутасымалдағыш) негұрлым төмен температуралы ортаға (қыздырылатын дене) жылу беру үшін пайдаланылатын аппарат.*

**ЖЫЛУАН** з а т. ж е р г. *Жылға, жыра.*

**ЖЫЛУЛА=** е т. **1.** *Жылу жию, жылу сұрау.* **2.** *Жылу беру, көмектесу.* **3.** а у ы с. *Теру, жинау, тізу, қор жасау.*

**ЖЫЛУЛЫҚ** з а т. **1.** *Жылылық, жылу.* **2.** а у ы с. *Мейірімділік, қайырымдылық.*

**Жылулық барлау.** ә с к. *Қарсыластың нысандары жөніндегі мәліметтерді арнайы аспаптардың көмегімен жылу (инфрақызыл) шығару арқылы жинау.* **Жылулық қозғалтқыш**. ф и з. *Жылу энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін қозғалтқыш.* **Жылулық құбыр**. т е х. *Үлкен жылу қуаттарын температураның аз өзгерістері жағдайында бере алатын құрылғы.* **Жылулық сәуле**. ф и з. *Заттың ішкі энергиясы есебінен шығарылатын электрмагниттік сәуле.* **Жылулық сәуле шығару**. ф и з. *Қызған денелердің өз ішкі энергиясы есебінен электрмагниттік сәуле шығаруы.* **Жылулық белдеулер.** г е о г р. *Жер шарының күн сәулесінен жылыну мөлшеріне қарай ажыратылатын бөліктері.*

**ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК** з а т. *Дененің қызған бөлігінен одан қызуы төмендеу бөлігіне (оның бөліктерінің температурасын теңгере отырып) жылу тасымалдаудың бір түрі.*

**ЖЫЛУСЫЗ** с ы н. **1.** *Жылуы жоқ.* **2.** а у ы с. *Мейірімсіз.*

**ЖЫЛУСЫРА=** е т. *Жылынғысы келу жылыны көксеу.*

**ЖЫЛУТАСЫМАЛДАҒЫШ** з а т. т е х. *Жылу алмасу процесін іске асыру үшін қолданылатын, қозғалыста болатын сұйық немесе газ тәрізді орта.*

**ЖЫЛША: бір жылша.** с ө й л. *Бір жыл бойына, бір жылға дейін.*

**ЖЫЛШЫЛЫҚ** с ы н. *Жыл бойы жүретін; соншама кереғар, шалғай.*

**ЖЫЛЫ¹** с ы н. **1.** *Ыстық пен салқын күйдің аралық қалпы.* **2.** *Денені суықтан қорғайтын, суық өткізбейтін.* **3.** а у ы с. *Мейірімді, ақпейілді, ілтипатты.* **4.** а у ы с. *Жақсылық, рақат.*

**Жылы ағыс.** п о э т. *Жылы жел.* **Жылы амандасты.** *Іш тартып, жақын көріп, шын пейілмен амандасты.* **Жылы жақ.** *Көктемде келген құстардың келген мекеніне ұшып баратын жағы.* **Жылы жауап**. *Өзінің көңілінен шығатын, көңіліне жағатын жауап.* **Жылы жауып қойды**. *Қолға алмады, сол күйінде қалдырды.* **Жылы жел.** *Баяу, жанға жайлы жел.* **Жылы жер**. *Жайма-шуақ жағдай, соғыссыз, ұрыссыз мекен.* **Жылы жүз [ажар, кескін].** *Кішіпейіл, мейірбан.* **Жылы жүзді [өңді]**. *Жайдары, мінезі жайлы.* **Жылы жүрек.** *Мейірімді, қайырымды жүрек.* **Жылы киім**. *Салқын күндері тоңдырмайтын тоқыма, мақта, жүннен тігілген киімдер.* **Жылы көңіл**. *Ілтипатты сезімге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл.* **Жылы көрді**. *Жақын тартты, өте жақын көрді.* **Жылы қабақ [рай, шырай] білдірді [көрсетті].** *Жылы шырай берді, жадырап, жақсы қарсы алды.* **Жылы қанға тұмсығын тықты.** *Пайдалы, олжасы мол жерді тапты.* **Жылы қарады.** *Жақсы көңілмен қарады.* **Жылы қарсы алды.** *Құшақ жая қарсы алды.* **Жылы [ыстық] құшақ.** *Жақсы көретін адамға көрсетілетін құрмет, ізет.* **Жылы қоныс.** *Үйренген жер, ата қоныс.* **Жылы лебіз.** *Жақсы сөз; жағымды пікір.* **Жылы мекен**. *Өз жері, туған жер.* **Жылы орнынан қозғады [қозғалтты]**. *Тұрақты, жайлы мекенінен көшірді.* **Жылы орнын суытты [тастады].** *Үйреніп қалған жерінен кетті; қоныс ауыстырды.* **Жылы орын**. а) *Салулы төсек.* ә) *Үйреніп қалған жер.* **Жылы рай [шырай, өң].** *Ілтипатты көңіл, адал пейіл.* **Жылы сезім.** *Жылы шырай, жақындық.* **Жылы сөз.** а) *Қиналған кезде жанына демеу болатын, жүрегіне жағатын ұнамды сөз, қамқорлыққа, түсінушілікке толы сөз.* ә) *Жанға жайлы, жағымды пікір.* **Жылы сөйлесті.** *Ішіне кіре сөйлесті, жағымды тіл қатты.* **Жылы су.** т е р м. *Температурасы Зайцев (1961) бойынша 20-37° С, Ланге (1939) бойынша 20-40° С болатын табиғи су.* **Жылы тап.** *Сағыныш.* **Жылы тартты.** а) *Жақын көрді, іш тартты.* ә) *Көзге жылы ұшырады.* **Жылы тиді.** а) *Жағымды леп сезінді.* ә) *Ұнады, жанға жақты.* **Жылы ұшырады.** а) *Ыстық көрінді, көзге оттай басылды.* ә) *Іш тартып, жақын тұтты.* **Жылы ұя.** п о э т. *Үй іші, отбасы.* **Жылы хабар**. *Жақсы сөз, жағымды хабар.* **Жылы шырай берді**. *Жылы жүз, жайдары келбет көрсетті.* **Жылы ізін суытпады.** *Үздіксіз қарым-қатынаста болды, арасын үзбеді.*

**ЖЫЛЫ=** е т. **1.** *Күннің, оттың немесе дененің қызуымен жылы қалыпқа келу.* **2.** а у ы с. *Мейірлену, көңілі түсу.*

**ЖЫЛЫДАЙ** ү с т. *Жылы күйінде, суытпай.*

**ЖЫЛЫЖАЙ** з а т. *Көкөніс, жеміс-жидек, гүл, көшеттер өсіретін әйнекпен немесе жарық өткізетін материалмен жабылған арнайы құрылыс.*

**ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ** з а т. *Мал мен аң етінің дәмді жері.*

**ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚТАП** ү с т. *Жылы-жұмсақ еттерді қосып араластырып.*

**ЖЫЛЫҚАНДЫ: жылықанды жануарлар**. з о о л. *Дене температурасы сыртқы орта температурасына тәуелсіз, үнемі тұрақты әрі жоғары болатын жануарлар.*

**ЖЫЛЫЛА=** е т. *Жылы күйге келтіру, жылы қылу.*

**ЖЫЛЫЛАН=** е т. *Жылы күйге келу.*

**ЖЫЛЫЛАНУ** *Жылылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫЛАУ¹** с ы н. *Аздап жылы, жылырақ.*

**ЖЫЛЫЛАУ²** *Жылыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫЛЫҚ** з а т. **1**. *Ауа мен дененің жылыған қалпы.* **2.** а у ы с. *Ізеттілік, ілтипат.* **3.** а у ы с. *Мейірімділік, бауырмалдық.*

**ЖЫЛЫМ¹** з а т. **1**. *Өзен мен көлдің қыста қатпай жататын терең жері, иірім.* **2.** а у ы с. *Қу, сұм, сұмырай; пасық (адам).*

**Жылым құрт**. б е й н. *Білдірмей құртатын арам адам.*

**ЖЫЛЫМ²** з а т. *Үңгір аузының желке тұсынан аю демімен тесілген, қалың қарда жылы леп шығып жатқан ойық.*

**ЖЫЛЫМ³** з а т. к ә с. *Теңізден балық аулау үшін қолданылатын ұзындығы 1000 метр, көлденеңі 500 метрдей ау.*

**Жылым шашу.** *Жылым ауды жазысу, балыққа құру.*

**ЖЫЛЫМДАП** ү с т. *Аз-аздап, там-тұмдап.*

**ЖЫЛЫМДАУ** с ы н. *Жылым сияқтанған, жылымға ұқсаған.*

**ЖЫЛЫМСУ** *Жылымсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫМСЫ=** е т. *Сырқиялану, жылмию.*

**ЖЫЛЫМТОР** з а т. к ә с. *Балықты сүзіп аулауға арналған жуан ау.*

**ЖЫЛЫМША** ү с т. *Жылымға ұқсап, жылым сияқтанып.*

**ЖЫЛЫМШУ** *Жылымшы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫМШЫ** с ы н. **1**. *Жылылау, жылырақ.* **2**. *Ащы мен тұщының аралығындағы дәмі бар.* **3**. *Шикі, піспеген тағамнан шығатын иісі бар.* **4.** а у ы с. *Пасық, арамза, қу.*

**Жылымшы ауру.** ж е р г. *Ұзаққа созылған ауру.* **Жылымшы татиды.** *Жылып кетіп, дәмі бұзылды, дәмсізденді.*

**ЖЫЛЫМШЫ=** е т. *Жылымшы тату.*

**ЖЫЛЫМШЫЛАН=** е т. *Сулану, жылымық тарту.*

**ЖЫЛЫМШЫЛАНУ** *Жылымшылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫМШЫЛАП** ү с т. *Ақырындап, жылжып.*

**ЖЫЛЫМШЫЛАУ** с ы н. *Жылымшырақ, жылымшы татығандау.*

**ЖЫЛЫМШЫП** ү с т. **1.** *Жылымшы тартып, жылымшыланып.* **2.** *Ақырындап, жылжып.*

**ЖЫЛЫМЫҚ** з а т. **1**. г е о г р. *Қыс айларында ауа температурасының 0 градустан жоғары көтерілу құбылысы.* **2.** *Қыс айларында күннің жылуынан болатын кез.* **3**. *Жылылау, жылырақ.* **4.** а у ы с. *Бірсыдырғы, бірқалыпты өмір.*

**Жылымық тартты.** *Күн жылына бастады, жылынуға бет алды.*

**ЖЫЛЫМЫР** с ы н. ж е р г. ***Жымысқы.***

**ЖЫЛЫН=** е т. **1.** *Жылы қалыпқа келу.* **2.** *Ыстық күннің, жанған оттың жылуымен жылыну, киім, көрпе т.б. қалың заттарды жамылып, бойды жылы қалыпқа келтіру.*

**ЖЫЛЫНА** ү с т. *Жыл бойына, жыл ішінде.*

**ЖЫЛЫНДА** ү с т. *Жылына бір рет.*

**ЖЫЛЫНДЫР=** ет. *Тоңып қалған, суық өткен адамды жылы жерге апарып бойын жылыту.*

**ЖЫЛЫНДЫРУ** *Жылындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫНТ=** ет. *Тоңған, суық өткен адамдардың бойларын жылытуға мүмкіндік жасау.*

**ЖЫЛЫНТУ** *Жылынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫНУ** *Жылын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күннің жылынуы.* **2.** *Күнге, отқа қыздырынып, бойды жылыту.*

**ЖЫЛЫНЫҢҚЫРА=** ет. *Жыли бастаңқырау.*

**ЖЫЛЫНЫҢҚЫРАУ** *Жылыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫРАҚ** сын. *Аздап жылы, жылылау.*

**ЖЫЛЫС**[1] зат. көне. *Босқын, шұбырынды.*

**ЖЫЛЫС=** ет. **1.** *Ақырын жылжу, сыбдырсыз қозғалу, сырғу.* **2.** *Білдірмей тайып отыру, көрінбей қашып кету.* **3.** ауыс. *Басын алып қашу.* **4.** ауыс. *Көзді ашып-жұмғанша өте шығу.*

**ЖЫЛЫСҚЫ** сын. *Кемері құлаған, мүжілген (өзен аңғары).*

**ЖЫЛЫСТА=** ет. **1.** *Ақырындап, баяу қозғалу; сездірмей шығып кету.* **2.** *Бір жерден екінші жерге көшу, жер ауу.* **3.** ауыс. *Уақыттың, мезгілдің байқалмай өте шығуы.* **4.** ауыс. *Соңынан еру, қыр соңынан қалмау.* **5.** ауыс. *Бойын аулақ салу, қашқақтау.*

**ЖЫЛЫСТАҢҚЫРА=** ет. *Байқатпай жылыстау, сырғақтау.*

**ЖЫЛЫСТАҢҚЫРАУ** *Жылыстаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫСТАТ=** ет. *Қуғындау, қашыру.*

**ЖЫЛЫСТАТУ** *Жылыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫСТАУ** *Жылыста етістігінің қимыл атауы; ақырын жылжу, жақын отыру.* // ауыс. *Жасырыну, бой тасалау, жоғалу.*

**ЖЫЛЫСТЫР=** ет. **1.** *Ақырын қозғалту.* **2.** ауыс. *Орнынан ығыстыру, сырғыту, ысыру.* **3.** ауыс. *Қуғындау, жер аудару.*

**ЖЫЛЫСТЫРУ** *Жылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫСУ** *Жылыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Білдірмей қозғалу, жүру.* **2.** лингв. *Бір буынаққа енген сөздердің аралығында қатар келген дыбыстардың бір буыннан екінші буынға ауысып кетуі.*

**ЖЫЛЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Жылыстаңқырау, сырғыңқырау.*

**ЖЫЛЫСЫҢҚЫРАУ** *Жылысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫТ=** ет. **1.** *От жағып қыздыру, жылы қалыпқа келтіру.* **2.** *Суып қалған асты отқа қойып ысыту.* **3.** *Ыстық су мен суық суды араластырып, томыртқалау.* **4.** ауыс. *Жылу ұялату, көңіл көтеру, қуанту.*

**Жылыта суармалау.** сушар. *Егістікті ерте көктемдегі үсіктен сақтауға және өсімдіктің қаулап тез өсуіне әсерін тигізетін суармалау әдісі.*

**ЖЫЛЫТҚЫ** зат. *Адам денесінің әр жерін қыздыру немесе жылыту үшін қолданылатын жабдық.*

**ЖЫЛЫТҚЫЛА=** ет. *Ыстық суға суық су құйып немесе керісінше істеп, жылы қалыпқа келтіру, суды томыртқалау.*

**ЖЫЛЫТҚЫЛАУ** *Жылытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫТҚЫШ** зат. тех. *Жылу беретін, жылытатын аспап.*

**ЖЫЛЫТПА** зат. жерг. *Кешеден қалған ас.*

**ЖЫЛЫТПАЛА=** ет. сөйл. ***Жылыту.***

**ЖЫЛЫТУ** *Жылыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үй-жайдың температурасын адамға жайлы, кейде технологиялық процестің талаптарына сай деңгейде ұстап тұру үшін жүргізілетін жасанды жылыту процесі.* **2.** *Суып қалған піскен асты отқа қойып қыздыру, жылы қалыпқа келтіру.* **3.** кен. *Сұйық қорытпаны тұрақты температурада ұстап тұру үшін қыздыру.*

**ЖЫЛЫТЫЛ=** ет. *Жылы қалыпқа келтірілу.*

**ЖЫЛЫТЫЛУ** *Жылытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Жылы қалыпқа келтіріңкіреу.*

**ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАТ=** ет. *Жылы қалыпқа келтіріңкірету.*

**ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАТУ** *Жылытыңқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАУ** *Жылытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМ**[1] зат. **1.** *Аңның ұясына, лініне қарай баратын ізі, жолы.* **2.** *Ін, ұя.* **3.** ауыс. *Екі заттың жапсары, жігі, қиюы, қисыны.*

**Жымын білдірмеді.** *Адам баласына сездірмеді, басқан ізін көрсетпеді.* **Жымы тұтас.** *Ағайын-туыс, жақын; ниеті бір.*

**ЖЫМ**[2] зат. ойын. *Көпшілік алқа-қотан отырып ойнайтын халық ойыны; үндемес.*

**ЖЫМ**[3] үст. зат. *Үн-түнсіз, тып-тыныш.* **Жым басылды.** *Бірден басылды, тына қалды.* **Жым болды.** *Тына қалды, үні өшті.* **Жым қылды.** *Үнін өшірді, аузын аштырмады, сөйлетпеді.*

**ЖЫМ**[4]**: жым етік.** *Өкшесі аласа қисық табан етік.*

**ЖЫМ=** ет. **1.** *Жануарлардың құлағын артқа қарай жымырып, құйрығын ішке қарай тығып алуы.* **2.** *Тынышталу, үні шықпау.* **3.** *Қашу, жасырыну.* **4.** ауыс. *Тауы шағылу, беті қайту.*

**ЖЫМБА** зат. *Қалтарысы, бұлтарысы көп таса жер.*

**Жымба жол.** *Айла-шарғы; жасырын, құпия іс-әрекет.*

**ЖЫМБАЛА=** ет. жерг. *Бұқпантайлау.*

**ЖЫМДА=** ет. *Қисынын келтіру, қисындастыру, үйлестіру.*

**ЖЫМДАЙ** сын. *Тып-тыныш, момомақан.*

**Жымдай болды.** *Үні өшті, дымы шықпады.* **Жымдай қылды [етті].** *Тыныштандырды, момақан етті, жуасытты.*

**ЖЫМДАС** сын. *Ымы-жымы бір.*

**ЖЫМДАС=** ет. **1.** *Жігі білінбей тұтасып, кірігіп тұру.* **2.** ауыс. *Қиюласу, үйлесу, қисындасу.* **3.** ауыс. *Нығаю, беку, бірігу.* **4.** ауыс. *Үндесу, әуендесу.*

**ЖЫМДАСТЫҚ** зат. геол. *Кристалдардың нақты немесе ықтимал қырларында параллель жазықтықтар бойынша жарылу қасиеті.*

**ЖЫМДАСТЫР=** ет. **1.** *Қиюластыру, ұстастыру.* **2.** ауыс. *Қисынын келтіру, үйлестіру.*

**ЖЫМДАСТЫРУ** *Жымдастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қиюластыру, қиыстыру.* **2.** ауыс. *Қисынын келтіру, үйлестіру.*

**ЖЫМДАСТЫРЫЛ=** ет. *Қиюластырылу, ұстастырылу.*

**ЖЫМДАСТЫРЫЛУ** *Жымдастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМДАСУ** *Жымдас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тұтасу, кірігу.* **2.** ауыс. *Үндесу, үйлесу, қисындасу.*

**ЖЫМДЫ** сын. *Жымы бар; жым түскен.*

**ЖЫМ-ЖЫЛАС** үст. **1.** *Қайда кеткені белгісіз, зым-зия.* **2.** *Теп-тегіс, жып-жылмағай.*

**Жым-жылас жұтты.** *Жоқ қылды, тып-типыл етті.*

**ЖЫМ-ЖЫРТ**[1] зат. жерг. ойын. *Ойын шартына сәйкес күліп не сөйлеп қойған адамға айып тартқызатын ойын түрі.*

**ЖЫМ-ЖЫРТ**[2] үст. **1.** *Үн жоқ-түн жоқ, тып-тыныш.* **2.** *Табиғат дүниесінің тым-тырыс, меңіреу қалыпта болуы.*

**ЖЫМ-ЖЫРТТЫҚ** зат. *Тым-тырыс болушылық, тыныштық.*

**ЖЫМИ=** ет. *Жылышырай білдіру, езу тарту.*

**ЖЫМИҒАНСУ** *Жымиғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМИҒАНСЫ=** ет. *Езу тартып күлгенсу.*

**ЖЫМИТ**[1]**=** ет. *Езу тарттыру, күлдіру.*

**ЖЫМИТ**[2]**=** ет. *Малдың (ат, есек т. б.) сес көрсетіп, құлағын жымыруы.*

**ЖЫМИТУ** *Жымит етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМИТЫС=** ет. *Малдың (ат, есек т.б.) құлақтарын жымырысып, бір-біріне сес көрсетуі.*

**ЖЫМИТЫСУ** *Жымитыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМИЫС** зат. *Жымиып күлген күлкі.*

**ЖЫМИЫС=** ет. *Жылышырай білдірісу, езу тартысу.*

**ЖЫМИЫСУ** *Жымиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМИЮ** *Жыми етістігінің қимыл атауы; езу тарту, күлу.*

**ЖЫМҚЫР=** ет. **1.** *Бір заттың етегін, шетін ішке қарай қайыру, тығу, жинастыру.* **2.** *Ерінді ішке қарай қайыра бүгу.* **3.** ауыс. *Жасыру, тығып қою, ұрлау.*

**ЖЫМҚЫРМА** зат. *Ұрлық.* //*Ұрлықшы, сұғанақ.*

**ЖЫМҚЫРТ=** ет. *Ұрлау, жоқ қылу, құрту.*

**ЖЫМҚЫРТУ** *Жымқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМҚЫРУ** *Жымқыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерінді ішке қарай бүру.* **2.** *Ұрлау, қымқыру.* **3.** құқық. *Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті, сондай-ақ бөтен біреудің мүлкін пайдакүнемдік мақсатпен немесе басқалай жеке мүддені қаузап, өзінің не басқа адамның пайдасына бола заңсыз алу, қайтарымсыз иелену, өзінің меншігіне айналдыру немесе өзінің меншігі ретінде билеу.*

**ЖЫМҚЫРУЛЫ** сын. *Жымқырылған, жымқырып қойған, ішке қарай бүгулі.*

**ЖЫМҚЫРЫЛ=** ет. **1.** *Бір заттың етегінің, шетінің ішке қарай қайырылып, тығылуы.* **2.** *Еріннің ішке қарай бүрілуі.* **3.** ауыс. *Ұрлану, қымқырылу.*

**ЖЫМҚЫРЫЛУ** *Жымқырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМҚЫРЫН=** ет. *Жасырыну, тығылу.*

**ЖЫМҚЫРЫНУ** *Жымқырын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМҚЫРЫС=** ет. *Бірнеше адамның ерíндерін ішке қарай бүгіп алуы.*

**ЖЫМҚЫРЫСУ** *Жымқырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМПИ=** ет. *Дым болмағандай түр көрсету; тымырайю, тымпию.*

**ЖЫМПИТ=** ет. **1.** *Жып-жылмағай ету.* **2.** *Құлағын жымыру.*

**ЖЫМПИТУ** *Жымпит етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМПИЮ** *Жымпи етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМПОС** сын. сөйл. ***Жылпос.***

**ЖЫМПЫҢДА=** ет. сөйл. ***Жампаңда.***

**ЖЫМСИ=** ет. сөйл. **1.** ***Жымпи.*** **2.** *Жымиып күлу.*

**ЖЫМСЫҚ** сын. сөйл. ***Жымысқы.***

**ЖЫМСЫҚТЫҚ** зат. сөйл. ***Жымысқылық.***

**ЖЫМСЫМА** сын. сөйл. ***Жымысқы.***

**ЖЫМСЫМАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Жымысқылық.***

**ЖЫМТАУ** зат. өс. сөйл. *Түймедағы.*

**ЖЫМУ** *Жым етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫҢ** елік. *Жылт еткен, ақырын бір нәрсенің шетін көрсеткен, мығынан күлген т.б. қысқа қимылды бейнелейтін сөз.* // *Жымың-жымың еткендік, жымыңдағандық.*

**Жымыңға басты.** *Жымың-жымың етті, жымыңдай берді.* **Жымың етті.** а) *Жымиды, күлгендей болды.* ә) *Жылт етіп көрінді.* **Жымың қақты.** а) *Күлімсіреді, езу тартты; жымың-*

*жымың етті.* ә) *Жарқырап көрінді, жалт-жұлт етті.*

**ЖЫМЫҢДА=** ет. 1. *Жымың қағу, күлімдеу, күлімсіреу.* 2. *Жылмыңдау, құтыңдау.* 3. *Қуану, масаттану; масайрау, риза болу.* 4. ауыс. *Сәуле шашу, жарқырау, жалт-жұлт ету.*

**ЖЫМЫҢДАС=** ет. 1. *Жымың-жымың етісу, күлімдесу.* 2. ауыс. *Сәуле шашысу, жалт-жұлт етісу.*

**ЖЫМЫҢДАСУ** *Жымыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫҢДАТ=** ет. *Жымың-жымың еткізу, жарқырату.*

**ЖЫМЫҢДАТУ** *Жымыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫҢДАУ** *Жымыңда етістігінің қимыл атауы; жымың-жымың ету, жымың қағу.*

**ЖЫМЫҢ-ЖЫМЫҢ** елік. *Жымыңдап күлген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жымың-жымың етті.** *Күлім қақты, жымыңдады.* **Жымың-жымың қақты.** *Қылмыңдады, жымыңдады.*

**ЖЫМЫР=** ет. *Бір заттың шетін ішке қарай қымқыру, қысу, бүктеу.*

**ЖЫМЫРАЙ=** ет. 1. *Ішіне қарай бүктелу, қисаю.* 2. *Мыжыраю, мыж-мыж болу.*

**ЖЫМЫРАЙТ=** ет. 1. *Ішіне қарай бүктелту, қисайту.* 2. *Ерінді ішке қарай жымқыру.*

**ЖЫМЫРАЙТУ** *Жымырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫРАҢ: жымыраң қақты**. жерг. а) *Жымыңдады, күлімсіреді, жымың қақты.* ә) *Тынышсызданды, мазаланды.*

**ЖЫМЫРАҢДАП** үст. жерг. ***Жымыңдап.***

**ЖЫМЫРАЮ** *Жымырай етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫРУ** *Жымыр етістігінің қимыл атауы.* 1. *Бір заттың шетін ішке қарай қымқыру, бүктеу.* 2. *Малдың құлақтарын артқа қарай жымқырып сес көрсетуі.*

**ЖЫМЫРУЛЫ** сын. *Жымырылған.*

**ЖЫМЫРЫЛ=** ет. 1. *Бір заттың шетінің ішке қарай бүктелуі.* 2. *Еріннің ішке қарай қайырылып бүрілуі.*

**ЖЫМЫРЫЛТ=** ет. *Малдың құлақтарының артқа қарай жымқырылуы.*

**ЖЫМЫРЫЛТУ** *Жымырылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫРЫЛУ** *Жымырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫРЫҢҚЫ** сын. ***Жымырылған.***

**ЖЫМЫСҚЫ** сын. *Білдірмей істейтін қулығы бар, арам, пасық.*

**Қолының жымысқысы бар.** *Аздап ұрлық жасайды; қолының қымқырмасы бар.*

**ЖЫМЫСҚЫЛА=** ет. *Астыртын істеу, білдірмеу.*

**ЖЫМЫСҚЫЛАН=** ет. *Қулану.*

**ЖЫМЫСҚЫЛАНУ** *Жымысқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫСҚЫЛАУ**[1] сын. *Аздап жымысқы; қулау, арамдау.*

**ЖЫМЫСҚЫЛАУ**[2] *Жымысқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫМЫСҚЫЛЫҚ** зат. *Бақай қулық, арамдық.*

**ЖЫН**[1] [ир. جن ] зат. миф. діни. 1. *Жайшылақта көзге түспейтін, әртүрлі кейіпте көріне алатын, бақсы, балгер, көріпкел, тәуіптерге жаратылыстан тыс дүниеден хабар жеткізіп тұратын, адамдарды азғындық жолға түсіретін теріс рух.* 2. ауыс. *Қырсық, кесір.*

**Жын буды.** *Ашуға булықты, долданды.* **Жын иектеу**. жерг. *Құтырыну, қағыну.* **Жын қақты [соқты, ұрды].** а) *Ақылынан алжасты, шатысты.* ә) *Құтырды, қағынды.* **Жын қуалады.** *Жастықтың әсерімен қайда болса, сонда жүрді.* **Жын қуғандай.** *Асып-сасып, қатты жүгіріп.* **Жын қуды.** *Жын айналдырды, жын соқты.* **Жын [пері] шалды.** *Жын соқты, сайтан ұрды.* **Жынына [қытығына] тиді.** *Ашуын келтірді, ызаландырды.* **Жынын келтірді.** *Ызаландырды, ашуландырды.* **Жынын қақты.** *Бетін қайтарды, мойынсындырды, жуасытты.* **Жынын қоздырды.** *Жынына тиді, ашуын, ызасын келтірді.* **Жынын шақырды.** *Жынданды, құтырды, елірді.* **Жынынан айырылған бақсыдай.** *Сең соққандай, мең-зең.* **Жыны буған бақсыдай.** *Аласұрып, құтырып.* **Жынның ойнағындай.** *Астаң-кестең.* **Жын соққан кісідей.** *Басы айналып, есінен айырылғандай.* **Жын [пері, аруақ] соқты.** *Есі ауысты, жынданды.* **Жын ұрғандай қылды.** *Ойран-топанын шығарды, астаң-кестең қылды.* **Жыны басылды.** *Жуасыды, жөнге келді.* **Жыны келді.** *Ыза болды, ашу қысты.* **Жыны қозды [ұстады, келді].** *Ашуға мінді, ызаланды, долданды.* **Жыны түсу**. жерг. *Жыны келу.*

**ЖЫН**[2] зат. *Жан-жануарлардың асқазанындағы қорытылып бітпеген тамағы.*

**Жынын құсты [шашты].** *Не болса соны айтты, аузына келгенін сөйлейді.*

**ЖЫНДАН=** ет. 1. *Жын соғып ауыру, жынды боп кету, есінен айырылу.* 2. ауыс. *Ашуға булығу, долдану; өзіне-өзі ие бола алмау.* 3. ауыс. *Құтыру, аласұру.*

**ЖЫНДАНДЫР=** ет. *Ақылынан, есінен адастыру, есалаңдыққа ұшырату, делқұлыландыру.*

**ЖЫНДАНДЫРУ** *Жындандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫНДАНУ** *Жындан етістігінің қимыл атауы.* 1. *Жын соғып ауыру.* 2. ауыс. *Ашуға булығу, долдану.*

**ЖЫНДЫ** сын. 1. *Ақылы ауысқан, жарымес.* 2. ауыс. *Тентек, әумесер, есер.* 3. ауыс. *Шәлкес, асау.* 4. ауыс. *Құтырған, долы (жел, боран т.б.).*

**Жынды болды**. *Ақылы ауысты, есінен адасты.* **Жынды көбелек.** *Жарық қуып, шыр айналып ұшатын түн көбелегі.* **Жынды қойдың миын жеген.** *Жынданған, есі ауысқан.* **Жынды су.** эвф. *Ішімдік, арақ туралы.* **Жынды [есалаң] кісіше**. *Ақылынан, есінен ауысқан адамша.* **Жынды [тентек] су.** сөйл. *Спиртті ішімдік, арақ.* **Жынды сүрей.** *Есуас, делқұлы.*

**ЖЫНДЫБАС** сын. жерг. *Жеңілтек, есерсоқ.*

**ЖЫНДЫБАСТЫҚ** зат. *Жеңілтектік, есерсоқтық.*

**ЖЫНДЫЛЫҚ** зат. *Жынды болушылық; аусарлық, есерлік, тентектік.*

**ЖЫНДЫСҮРЕЙ** сын. *Тентек, басбұзар.*

**ЖЫНДЫХАНА** зат. *Жынданған, ақылы ауысқан адамдарды емдейтін, бағатын ауруxана.*

**ЖЫНДЫША** үст. *Жынды адамға ұқсап, жынды кісі сияқтанып.*

**ЖЫНДЫШӨП**[1] зат. өс. сөйл. *Қызғылт қалуен. Бұдан басқа сары қалуен де болады.*

**ЖЫНДЫШӨП**[2] зат. өс. сөйл. *Халық арасында оны жындышөп деп те атайды.*

**ЖЫН-ЖЫБЫР** зат. *Жын-шайтан, пері.*

**ЖЫНОЙНАҚ** зат. *Жөнсіз асыр салып, бейберекет ойнақтау, ырду-дырду.*

**ЖЫН-ПЕРІ** зат. *Жын және перілердің жиынтығы, тобы.*

**ЖЫН-САЙТАН** зат. стиль. ***Жын-шайтан.***

**Жын-сайтаны ұстады**. стиль. *Ашуға мінді, ызаланды, жыны келді.*

**ЖЫНША** үст. *Жын сияқты, жын тәрізді.*

**ЖЫН-ШАЙТАН** зат. 1. *Жын-шайтан, албасты, пері сияқты қас күштердің жиынтығы.* 2. ауыс. *Адамды жаман жолға бағыттайтын азғырушы, әзәзіл.*

**Жын-шайтанның ойнағы.** *У-шулы, астаң-кестең, ойын-сауықты орта.* **Жын-шайтанын шақырды**. *Жынданды, құтырды, долданды.*

**ЖЫНЫҚ=** ет. сөйл. ***Жінік.***

**ЖЫНЫС**[1] [ар. جنس ] зат. 1. *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы.* 2. *Тұқым, нәсіл, зат.* 3. биол. *Ағзаның еркек не ұрғашы дарабасқа (особьқа) жататындығын білдіретін жиынтығы.*

**Жыныс бездері.** биол. *Әр жынысқа тән және олардың жыныстық затын түзетін бездер.* **Жыныс гормондары**. биол. *Ағзаның алғашқы және соңғы жыныс белгілерінің қалыптасуына, жыныстық әрекеттердің орындалуына әсер ететін және зат алмасу процесіне қатысатын жыныс бездерінен бөлінетін биологиялық белсенді заттар.* **Жыныс жасушалары.** биол. *Жануарлар мен өсімдіктердің ағзаларында пісіп-жетіліп, ұрықтану нәтижесінде жаңа дарақтардың дамуы мен оларға ата-анасынан тұқым қуалаушылық қасиеттерінің берілуін қамтамасыз ететін жасушалар.* **Жыныс мүшелері** биол. *Биологиялық ағзаның көбеюіне жауап беретін аталық немесе аналық мүшелер.* **Жыныс мүшелері аурулары**. мед. *Сыртқы, ішкі жыныс мүшелерінің зақымдануы, ісінуі, қатерлі не қатерсіз ісікке шалдығуы салдарынан болатын аурулар.* **Жыныс тәрбиесі**. пед. *Балалар мен жастардың ақыл-ойының, адамгершілік құндылықтар туралы көзқарасының, дене бітімінің, эстетикалық талғамының дұрыс қалыптасып, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпы тәрбие жұмысы процесінің құрамдас бөлігі.* **Жыныс хромосомалары**. биол. *Ағзаның жынысын айқындайтын қосарланған хромосомалар.*

**ЖЫНЫС**[2] зат. *Жер қабатының әртүрлі құм-тастары (гранит, мрамор, ізбес тас, бор т.б.).*

**ЖЫНЫС**[3] зат. *Ағашы ну болып, өте қалың өскен орман (тоғай).*

**ЖЫНЫСҚАН** сын. 1. *Нәсілі араласқан;* 2. ауыс. *Ну, қалың.*

**ЖЫНЫССЫЗ** сын. *Жыныстың қатынасынсыз, жыныс арқылы емес.*

**Жыныссыз көбею**. биол. *Жыныстық қатынас пен жыныс жасушаларының қатысуынсыз жүзеге асатын көбею.*

**ЖЫНЫСТАН=** ет. *Қалың жынысқа айналу, ну болу.*

**ЖЫНЫСТАНУ** *Жыныстан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫНЫСТАС** сын. 1. *Жынысы бір, бір жынысқа жататын.* 2. *Тектес, тұқымдас, туыс.*

**ЖЫНЫСТЫ** сын. 1. *Белгілі бір жынысқа қатысты.* 2. *Қалың ну ағаш өскен, ормантоғайлы.*

**ЖЫНЫСТЫҚ** сын. *Жыныс ерекшелігіне сәйкес, жынысына қатысты.*

**Жыныстық жүйе**. *Жануарлар мен адам ағзасындағы жыныстық көбеюді қамтамасыз ететін мүшелер жүйесі.* **Жыныстық көбею**. биол. *Аналық және аталық жыныс жасушаларының (гаметалардың) қосылуынан түзілетін, яғни ұрықтану нәтижесінде пайда болатын зиготадан жаңа дарабастың дамуы, көбеюдің бір түрі.* **Жыныстық қылмыстар**. заң. *Жыныстық азғындықтан туындайтын қылмыстық әрекеттер.* **Жыныстық хромосома**. биол. *Жыныс хромосомалары.*

**ЖЫҢ**[1] зат. көне. *У-шу.*

**Жың атылды.** *У-шу шықты, дабыр-дүбір басталды.*

**ЖЫҢ**[2] зат. жерг. *Таразы.*

**ЖЫҢ**[3] сын. жерг. *Қалың ну.*

**ЖЫҢҒЫЛ** зат. өс. < лат. tamarix> *Шөл, шөлейт жерлерде, өзен бойында, тоғай арасында өсетін, жыңғыл тұқымдасына жататын биіктігі 1-3 м-дей бұта.*

**Жыңғыл тұқымдасы**. өс. <лат. tamaricaceae> *Қос жарнақтылар табына жататын аласа ағаш, бұта, шала бұта.* **Жыңғыл шырша.** *Жатаған өскен шырша, шыршалы ну.*

**ЖЫҢҒЫЛБАС** зат. өс. *Құмды, сортаңды жерлерде өсетін жыңғыл тәрмзді өсімдік.*

**ЖЫҢҒЫЛДАЙ** сын. 1. *Жыңғыл тәрізді.* 2. ауыс. *Жап-жас, жайнап тұрған.*

**ЖЫҢҒЫЛДЫ** сын. *Жыңғылы көп, жыңғыл өскен.*

**ЖЫҢҒЫЛСЫЗ** сын. *Жыңғыл өспеген; жыңғылы жоқ (жер).*

**ЖЫҢ-ЖЫҢ** зат. *Құж-құж, у-шу.*

**ЖЫП: жып берді.** *Лып етті, тез қимылдады.* **Жып еткізді.** *Тез қимылдады, лып еткізді.* **Жып етті.** *Лып ете қалды.*

**ЖЫП-ЖИНАҚЫ** сын. *Етек-жеңі жиылған, әдемі, ықшам.*

**ЖЫП-ЖЫЛДАМ** үст. *Лезде, ылдымжылдым.*

**ЖЫП-ЖЫЛМАҒАЙ** сын. **1**. *Теп-тегіс, жазық.* **2.** *Жым-жылас, тұқ жоқ.*

**ЖЫП-ЖЫЛТЫР** сын. *Жалт-жұлт еткен, жылтыраған.*

**ЖЫП-ЖЫЛЫ** сын. 1. *Тым жылы, өте жылы.* **2.** ауыс. *Мейірімді, қайырымды; жарасымды.*

**ЖЫП-ЖЫЛЫМШЫ** сын. *Суып қалған, ыстық емес.*

**ЖЫП-ЖЫП** үст. *Тез-тез, көз ілеспестей.* **Жып-жып етті.** *Тез-тез сөйледі.*

**ЖЫПСЫҚ** сын. сөйл. ***Жымсық***.

**Жыпсық көз**. *Сығырайған қысық көз.*

**ЖЫПЫҚ** сын. *Көзін қайта-қайта жыпықтата беретін.*

**ЖЫПЫҚ-ЖЫПЫҚ** елік. *Көздің қайтақайта жыпылықтауын бейнелейтін сөз.*

**Жыпық-жыпық етті**. *Көзін қайта-қайта ашып-жұмды, жыпықтады.*

**ЖЫПЫҚТА=** ет. **1**. *Көздің бір ашылып, бір жұмылуы; жыпық-жыпық етуі.* **2.** *Жарықтың бір жанып, бір сөнуі.*

**ЖЫПЫҚТАТ=** ет. *Жыпық-жыпық еткізу, жарқ-жұрқ ету.*

**ЖЫПЫҚТАТУ** *Жыпықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫҚТАУ** *Жыпықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛДА=** ет. **1**. *Жып-жып етіп тез сөйлеу.* **2.** *Көз ілеспестей қимыл жасау.*

**ЖЫПЫЛДАҚ** сын. *Жып-жып еткен, жыпылдап қалған.*

**ЖЫПЫЛДАС=** ет. *Жып-жып етісу, ауыздары жабылмау.*

**ЖЫПЫЛДАСУ** *Жыпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Жып-жып етіп тез-тез сөйлеу.* **2.** *Тез қимылдау.*

**ЖЫПЫЛДАТУ** *Жыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛДАУ** *Жыпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛЫҚ** зат. **1**. *Көздің қайта-қайта жыпықтауы.* **2**. *Жарықтың бір өшіп, бір жануы.*

**Жыпылық атты**. *Көздерін бір ашып, бір жұмды, жыпылықтады.* **Жыпылық жарғағы**. анат. *Кейбір акулалардың, құрлықта тіршілік ететін көптеген омыртқалы жануарлардың көзінің ішкі бұрышына таяу орналасқан қозғалмалы мөлдір жарғақ.* **Жыпылық көз [көздеу].** *Жыпық-жыпық етіп тұратын көз.* **Жыпылық қақты.** *Жыпық-жыпық етті, жыпықтады.* **Жыпылық шам.** *Сықсима шам.*

**ЖЫПЫЛЫҚ-ЖЫПЫЛЫҚ: жыпылықжыпылық етті.** а) *Көзі жыпылықтады.* ә) *Бір өшіп, бір жанып өшуге айналды.*

**ЖЫПЫЛЫҚТА=** ет. **1**. *Көздің бір ашып, бір жұмылуы, жыпықтау.* **2**. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАС=** ет. *Көздері жыпылықжыпылық етісу.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАСУ** *Жыпылықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАТ=** ет. **1**. *Көзін бір ашып, бір жұму, жыпықтату.* **2**. *Жарықты бір жандырып, бір өшіру.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАТУ** *Жыпылықтат етістігінің қимыл атауы; жыпылық-жыпылық еткізу.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАТЫҢҚЫРА=** ет. *Жыпылық-жыпылық етіңкіреу.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАТЫҢҚЫРАУ** *Жыпылықтатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫЛЫҚТАУ** *Жыпылықта етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Көздің жыпықтауы.* **2**. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі; жарқ-жұрқ ету.* **3.** инф. <ағыл. blinking> *Бір немесе бірнеше элемент кескінінің жарықтылығын немесе түсін көзбен көру үшін мезгіл-мезгіл өзгертіп отыру.*

**ЖЫПЫҢДА=** ет. *Жып-жып ету, сыпсыңдау; сұмаңдау.*

**ЖЫПЫҢДАУ** *Жыпыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫР=** ет. **1**. *Жымыру, жымырайту.* **2**. сөйл. ***Жапыру***.

**ЖЫПЫР-ЖЫПЫР** елік. *Быж-быж етіп, құж-құж қайнаған, жыпырлаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жыпыр-жыпыр етті.** а) *Жыпырлады, құжқұж қайнады.* ә) *Құжынады, қаптады.*

**ЖЫПЫРЛА=** ет. *Қаптау, быжынау, құжынау.*

**ЖЫПЫРЛАС =** ет. *Құжынасу, қаптау.*

**ЖЫПЫРЛАСУ** *Жыпырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫРЛАТ=** ет. *Қаптату, құжынату, топырлату.*

**ЖЫПЫРЛАТУ** *Жыпырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫРЛАУ** *Жыпырла етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫРУ** *Жыпыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫПЫТСЫ=** ет. жерг. *Мүләйімсу.*

**ЖЫР** зат. **1**. *Поэзиялық шығармалардың жалпылама атауы.* **2**. әдеб. *Өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлар жыры, эпостық, ғашықтық жырлар).* **3**. ауыс. *Ән, әуен.*

**Жыр арнасы.** поэт. *Өлең сөздің ағып жатқан бұлағы, сарқылмас көзі.* **Жыр болды.** *Аты аңызға айналды, қызық әңгімеге арқау болды.* **Жырға бөледі.** поэт. *Ән-жырға қосты, жырлады.* **Жырға қосты.** *Жыр етті, жырлады, әйгіледі.* **Жыр дүлдүлі.** *Атақты, әйгілі ақынжыраулар.* **Жыр етті.** а) *Жырлады, өлеңге қосты.* ә) *Қызық әңгіме қылып айтып берді.* **Жыр жолдары.** *Өлең, поэзиялық шығарма.* **Жыр кернеді.** *Жырлағысы, ән салғысы келді.* **Жыр күреді.** окказион. *Жыр жазды.* **Жыр кісенін жіберді**. бейн. *Шырқады, жырға қосты.* **Жыр қармағы.** бейн. *Өлең-жырдың қуаты, тартымдылығы.* **Жыр құсы.** поэт. *Жыр шабыты; муза.* **Жыр қылды [қылып айтты].** *Қызық әңгіме етіп айтты, аузының суы құри әңгімеледі.* **Жыр маржаны.** поэт. *Таңдаулы жыр жолдары, шумақтары.* **Жыр селі**. поэт. *Ұзақ төкпе жыр.* **Жыр сүлейі.** *Өлең-жырдың дүлдүлі.* **Жыр төгілді.** *Құйқылжыта жырлады, ағытылды.* **Жырын жырлады**. *Мұң-мұқтажын, жағдайын ойлады; айтты.*

**ЖЫР=** ет. **1**. *Жырту, тілу.* **2**. *Бөлу, бөлектеу.* **3.** *Судың кедергіні бұзып жол салып, жылғалай ағуы.*

**ЖЫРА** зат. **1**. *Жаңбыр, қар суы жырып кеткен терең жер, сай-сала.* **2**. геогр. *Маусымдық жауын-шашын суының әрекетінен қалыптасқан эрозиялық ойыстардың бір түрі.*

**Жыраға жықты.** *Бір пәлеге ұшыратты.*

**ЖЫРА=** ет. жерг. *Өлең айту, жырлау.*

**ЖЫРАҒЫРАҚ** сын. **1.** *Алысырақ, бұрыстау, шалғайырақ.* **2**. *Бейхабар.*

**ЖЫРА-ЖЫҚПЫЛ** зат. *Ойлы-қырлы, жарлауытты жер.*

**ЖЫРА-ЖЫЛҒА** зат. *Жыра мен жылға, сай-сала.*

**ЖЫРА-ЖЫМ** зат. *Жылға-жылға жер.*

**ЖЫРА-ЖЫРА** сын. *Бірнеше жыра, жырасы көп.*

**ЖЫРАҚ** сын. **1**. *Шалғай, алыс, қашық.* **2.** *Бөлек, бөлініп қалған.* **3**. *Оңаша, оқшау.* **4**. ауыс. *Бөтен жер.* **5**. ауыс. *Бұрынғы уақыт, ерте кез.* **6**. ауыс. *Қол жетпес.* **7**. ауыс. *Туыс емес, жақын-жұрағат емес.*

**Жырақ кетті.** *Алысқа барды.* **Жырақ қалды.** а) *Ұмыт болды, өтіп кетті.* ә) *Бөлектенді, оқшауланды, сырт қалды.*

**ЖЫРАҚАЙ** зат. *Жырашық, жырама.*

**ЖЫРАҚАНА** зат. сөйл. ***Жырашық***.

**ЖЫРАҚТА=** ет. **1**. *Алыстау, ұзау, шалғайлану.* **2**. ауыс. *Арасы салқындау, суу.*

**ЖЫРАҚТАЛ=** ет. *Алыс қалу, алшақталу.*

**ЖЫРАҚТАЛУ** *Жырақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРАҚТАН=** ет. **1**. *Ұзау.* **2.** *Алыстау, қашықтау.* **3**. *Оқшаулану, бөлектену.*

**ЖЫРАҚТАНУ** *Жырақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРАҚТАТ=** ет. **1**. *Алыстату, қашықтату.* **2**. *Бөтенсірету, жат көру.*

**ЖЫРАҚТАТУ** *Жырақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРАҚТАУ**[1] сын. **1**. *Алысырақ, шалғайлау.* **2**. *Оңашалау, бөлектеу.*

**ЖЫРАҚТАУ**[2] *Жырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРАҚТЫҚ** зат. *Қашықтық, алыстық.*

**ЖЫРАҚЫ** зат. сөйл. ***Жырашық***.

**ЖЫРАЛАП** үст. *Жыра етіп, жыра жасап.*

**ЖЫРАЛАУ** сын. *Аздап жыра, сайлау.*

**ЖЫРАЛЫ** сын. *Жырасы бар, жырасы көп.*

**ЖЫРАНДА** зат. жерг. ***Жыра.***

**ЖЫР-АҢЫЗ** зат. *Аңызға айналған жыр, өлең.*

**ЖЫРАСЫЗ** сын. *Жырасы жоқ (жер).*

**ЖЫРАСЫМАҚ** сын. экспр. менсінбеу. *Жыра сияқты, жыраға ұқсаған.*

**ЖЫРАУ** зат. *Өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.*

**ЖЫРАУДАЙ** сын. *Жырау сияқты.*

**ЖЫРАУ-ДҮНИЕ** зат. поэт. *Өмір, тіршілік мағынасында.*

**ЖЫРАУЛЫҚ** зат. *Жырауға тән қасиет, соған лайық өнер.*

**Жыраулық поэзия**. *XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы.*

**ЖЫРАУША** үст. *Жырауға ұқсап, жырау сияқтанып.*

**ЖЫРАША** зат. *Аздап қана жырылған жер, кішірек жыра; жырашық.*

**ЖЫРАШЫҚ** зат. *Кішірек келген жыра; жыраша.*

**ЖЫР-ӘН** зат. *Ән мен жыр.*

**ЖЫРБАҚАЙ** сын. карап. *Орынсыз жырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш.*

**ЖЫРБАҚАЙЛЫҚ** зат. *Жырбаңдай берушілік, күлегештік.*

**ЖЫРБАҢ** елік. *Жыртақтап күлген, жырбаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жырбаң етті**. *Жырбақтады, жырбаңдады.*

**ЖЫРБАҢДА=** ет. карап. *Жыртақтап күлу.*

**ЖЫРБИ=** ет. карап. ***Жырти***.

**ЖЫРБЫҚТА=** ет. сөйл. ***Жырбыңда***.

**ЖЫРБЫҢДА=** ет. карап. *Орынсыз күлу, жыртақтау.*

**ЖЫРБЫҢДАУ** *Жырбыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРБЫҢ-ЖЫРБЫҢ: жырбың-жырбың етті.** *Орынсыз ыржақтап күлді.*

**ЖЫРҒА** зат. көне. этн. **1.** *Асыл тас, моншақ тізіп тіккен, көп салпыншақты бас киім.* **2.** *Сәукеленің, бергектің, кейде сырғаның төгілме моншақтары, сәнді салпыншағы, шұбыртпасы.*

**ЖЫРҒА=** ет. *Қарық болып кенелу, жетісу.* **Жырға бөледі.** *Ән-жырға қосты, жырлады.*

**ЖЫРҒАЛ** зат. жерг. *Қызық, рахат.* **Жырғалға батты.** жерг. *Қызыққа батты, молшылыққа кенелді, рақаттанды, жетісіп қалды.*

**ЖЫРҒАЛ=** ет. **1.** *Аспай-саспай, керіліп-созылу.* **2.** *Қарық болу, кенелу.*

**ЖЫРҒАЛАҢ** зат. жерг. *Мереке-мейрам, той-думан.*

**ЖЫРҒАЛТ=** ет. *Қарық қылу, кенелту.*

**ЖЫРҒАЛТУ** *Жырғалт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҒАЛУ** *Жырғал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҒАТ=** ет. *Қарық қылу, кенелту.*

**ЖЫРҒАТУ** *Жырғат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҒАУ**[1] зат. жерг. *Ләззат, игілік.*

**ЖЫРҒАУ**[2] *Жырға етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҒАУЛЫ** сын. *Қарық болған, жетіскен.*

**ЖЫРҒЫЗ=** ет. *Кескізу, тілгізу.*

**ЖЫРҒЫЗУ** *Жырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРДАЙ** сын. *Жыр сияқты, жыр тәрізді.*

**ЖЫР-ДАСТАН** зат. **1.** *Жыр мен дастан, желілі ұзақ әңгіме.* **2.** әдеб. *Эпостық жырлар.*

**ЖЫР-ДУМАН** зат. *Ойын-сауық, әзіл-қалжың.*

**ЖЫРДЫР=** ет. *Тілдіру, кестіру, жырғызу.*

**ЖЫРДЫРУ** *Жырдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫР-ЖАСАҚ** зат. поэт. *Жыр жинағы.*

**ЖЫРҚ** еліқ. *Оқыс күліп жібергендегі дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Жырқ етті.** *Оқыс күліп жіберді.*

**ЖЫРҚ-ЖЫРҚ** еліқ. *Қайта-қайта жырқылдап күлген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Жырқ-жырқ күлді.** *Қайта-қайта жырқылдай берді.*

**ЖЫРҚҰМАР** сын. *Жырды сүйіп айтқыш, жырды жақсы көретін.*

**Жырқұмарлар қоғамы.** поэт. *Өлең-жырды сүйетіндер.*

**ЖЫРҚЫЛ** зат. *Мәнсіз, орынсыз бос күлкі.*

**ЖЫРҚЫЛДА=** ет. *Мәнсіз, бостан-босқа күле беру.*

**ЖЫРҚЫЛДАҚ** сын. *Күле бергіш, күлегеш.*

**ЖЫРҚЫЛДАС=** ет. *Жырқ-жырқ етісу.*

**ЖЫРҚЫЛДАСУ** *Жырқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҚЫЛДАТ=** ет. *Жырқ-жырқ еткізу.*

**ЖЫРҚЫЛДАТУ** *Жырқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРҚЫЛДАУ** *Жырқылда етістігінің қимыл атауы; жырқ-жырқ етіп күлу.*

**ЖЫРЛА=** ет. **1.** *Жыр айту, жырды әнге қосу.* **2.** *Жыр қылып айту, жырға қосу.* **3.** ауыс. *Құстың қиқу салып үн шығаруы.* **4.** ауыс. *Бірге ғұмыр кешу мағынасында.* **5.** бейн. *Теңіз суының тасуы, толқу, сел боп ағу.*

**ЖЫРЛАМПАЗ** сын. *Жырлауға шебер, жырлағыш.*

**ЖЫРЛАМПАЗДЫҚ** зат. *Жырлағыштық, жыршылық.*

**ЖЫРЛАН=** ет. *Жырға қосылу.*

**ЖЫРЛАНУ** *Жырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЛАС=** ет. **1.** *Жыр айтысу, жырға қосылу.* **2.** ауыс. *Сылдыр қағысу.*

**ЖЫРЛАСУ** *Жырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЛАТ=** ет. *Жырға қостыру, жыр ету, жыр айтқызу.*

**ЖЫРЛАТУ** *Жырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЛАУ** *Жырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жыр айту, жырды әнге қосу.* **2.** *Жыр қылып айту, жырға қосу.*

**ЖЫРЛАУШЫ** зат. *Жыр айтушы, жыр жырлаушы.*

**ЖЫРЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Жыр қылып айтушылық.*

**ЖЫРЛАУЫҚ** сын. сөйл. *Жырлампаз.*

**ЖЫРЛЫ** сын. *Өлең-жыры бар.*

**ЖЫРМА** сын. *Етегі айыр, жырылған (костюм, шалбар, етік).*

**ЖЫРМАҚ** зат. жерг. *Бәтеңкенің бір түрі.*

**ЖЫРМАЛА=** ет. *Бөліп-жару, бөлшектеу.*

**ЖЫРМАЛАН=** ет. **1.** *Жырым-жырым болу.* **2.** *Бөлшектену, бөлініп-жарылу.*

**ЖЫРМАЛАНУ** *Жырмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРМАЛАУ** *Жырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРМАШ** зат. *Құйрықтың екі бөлінген тұсы.*

**ЖЫРМЫШТА=** ет. сөйл. ***Жырмала.***

**ЖЫРМЫШТАУ** *Жырмышта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРНА** зат. жерг. *Терлік.*

**ЖЫРНАҚ** зат. кәс. *Ұшы ілмек темір таяқ.*

**ЖЫРП** еліқ. *Орынсыз жасалған жағымсыз қимылды бейнелейтін сөз.*

**ЖЫРП-ЖЫРП: жырп-жырп етті.** *Қайта-қайта жырпылдап, мазаны алды, тыныштық бермеді.*

**ЖЫРПЫЛДА=** ет. *Жырп-жырп ету, жанып-сөну.*

**ЖЫРПЫЛДАТ=** ет. *Қайта-қайта ашып-жабу, кіріп-шығу т.б. мазаны алатын қимыл жасау.*

**ЖЫРПЫЛДАТУ** *Жырпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРПЫЛДАУ** *Жырпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРСЫЗ** сын. *Жыр жоқ, жыр жазылмаған, айтылмаған. // Жыр болмайынша.*

**ЖЫРСЫМАҚ** сын. *Жыр деген аты ғана бар.*

**ЖЫРСЫРА=** ет. *Жырды сағыну, құмарту.*

**ЖЫРСЫРАУ** *Жырсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТ=** ет. **1.** *Жұқа затты (қағазды, матаны т. б.) бөлшектеп айыру, дал-дұлын шығару.* **2.** *Егін егу үшін жерді соқамен өңдеу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені жыру, жаралап кету, сыру.* **4.** ауыс. *Құрту, бүлдіру.*

**ЖЫРТА: жырта қарыс.** *Кере қарыс; бас бармақ пен ортан саусақты керіңкіреп созғандағы аралық, өлшем.*

**ЖЫРТАҚ** зат. *Орынсыз күлкі, бос сөз.*

**ЖЫРТАҚАЙ** сын. қарап. *Жыртақтай беретін, күлегеш.*

**ЖЫРТАҚТА=** ет. *Ыржақтап күле беру.*

**ЖЫРТАҚТАС=** ет. *Жыртақ-жыртақ етісу, жырқылдасу.*

**ЖЫРТАҚТАСУ** *Жыртақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТАҚТАТ=** ет. *Жыртақ-жыртақ еткізу, жырқылдату, жыртаңдату.*

**ЖЫРТАҚТАТУ** *Жыртақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТАҚТАУ** *Жыртақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТАҚЫ** сын. *Күлегеш, күле беретін.*

**ЖЫРТАҚЫЛАН=** ет. *Жыртаң-жыртаң ету, жеңілтектікке салыну.*

**ЖЫРТАҚЫЛАНУ** *Жыртақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТА-МЫРТА** үст. *Жұлқа тартып, жыртып.*

**ЖЫРТАҢБАЙ** зат. сөйл. ***Жыртақай.***

**ЖЫРТАҢДА=** ет. *Орынсыз күле беру; жыртақтау.*

**ЖЫРТАҢДАУ** *Жыртаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ** еліқ. *Ыржың-ыржың етіп қылмыңдаған, жыртақтап орынсыз күлген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жыртаң-жыртаң етті.** *Жыртақтады, қылмыңдады.*

**ЖЫРТИ=** ет. *Сықсиып, сығырайып қарау.*

**ЖЫРТИТ=** ет. *Сықситу, сығырайту.*

**ЖЫРТИТУ** *Жыртит етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТИЮ** *Жырти етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТҚЫЗ=** ет. **1.** *Сыдырту, жырғызу, тілгізу, кескізу.* **2.** *Жерді айдатқызу, өңдету.*

**ЖЫРТҚЫЗДЫР=** ет. *Жерді айдатқызу, өңдеткізу.*

**ЖЫРТҚЫЗДЫРУ** *Жыртқыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТҚЫЗУ** *Жыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТҚЫШ** зат. **1.** *Өзге жан-жануарлардың етімен қоректенетін азулы аңдар мен тегеурінді құстар.* **2.** ауыс. *Қанішер, жауыз, кісі өлтіргіш.*

**Жыртқыш құстар.** зоол. <лат. falconiformes> *Аң, құстардың етімен қоректенетін тегеурінді құстардың отряды.*

**ЖЫРТҚЫШТАР** зат. зоол. <лат. carnivora> *Сүтқоректілердің аң, құс етімен қоректенетін азулы отряды.*

**ЖЫРТҚЫШТЫҚ** зат. **1.** *Жыртқышқа тән қасиет.* **2.** *Айуандық, қанішерлік.*

**ЖЫРТҚЫШША** үст. *Жыртқышқа ұқсап, жыртқыш сияқтанып.*

**ЖЫРТПА** зат. жерг. *Екінші жыл айдаған тың жер.*

**ЖЫРТПАЛЫ: жыртпалы күнпарақ.** *Күнделікті жыртып отыруға арналған, сол күнге қатысты қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-танымдық т.б. мәліметтер жазылған күнпарақ.*

**ЖЫРТТЫР=** ет. **1.** *Жұқа затты бөлшектеп кескізу.* **2.** *Жер өңдету, айдату.*

**ЖЫРТТЫРУ** *Жырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТУ** *Жырт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айыру, тілу, кесу.* **2.** *Жер айдау.*

**ЖЫРТУЛЫ** сын. *Жыртылған, тілінген.*

**ЖЫРТУСЫЗ** үст. *Жыртылмаған, айдалынбаған.*

**ЖЫРТЫҚ** сын. **1.** *Жыртылып тозған, жыртылған.* **2.** *Тесік.* **3.** ауыс. *Босаң жер, осал тұс.*

**Жыртығын жамаймын деп жүріп, бүтінді тоздырды.** *Артық қылам деп, тыртық қылды, құртып алды.* **Жыртық киімін жаңартты.** *Киімін бүтіндеді, жамады.* **Жыртық көңіл.** *Қам көңіл.*

**ЖЫРТЫҚ-ЖАМАУ** сын. *Алба-жұлба, жыртылған, тозған.*

**ЖЫРТЫҚ-ЖӘУТІК** сын. *Тозған; ескі.*

**ЖЫРТЫҚ-ЖЕТІМ** сын. *Әке-шешеден айырылған.*

**ЖЫРТЫҚ-ЖЫРТЫҚ** сын. *Жыртылып-тозған, далба-дұлба.*

**ЖЫРТЫҚСЫЗ** сын. *Жыртығы жоқ, бүтін.*

**ЖЫРТЫҚТАУ** сын. *Аздап жыртылған, көнелеу.*

**ЖЫРТЫҚ-ТЕСІК** сын. *Жыртылып тозған, жамау-жасқау. //Жыртылып тозған жері.*

**ЖЫРТЫЛ=** ет. **1.** *Тозу, далба-дұлба болу.* **2.** *Айдалу, өңделу.* **3.** *Тіліну, кесілу, айырылу.* **4.** *Екіге жарылу, бөліну, ажырау.* **5.** ауыс. *Сыну.* **6.** ауыс. *Бүліну, бұзылу, құру.* **7.** ауыс. *Сиреу, азаю.*

**Жыртылып айырылады.** *Аяқ алып жүргісіз, сансыз көп, қалың.*

**ЖЫРТЫЛҒЫШ** сын. *Жыртылуға бейім.*

**ЖЫРТЫЛУ** *Жыртыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұқа нәрсенің тозып кесілуі, жыртық түсу.* **2.** *Айдалу, өңделу.* **3.** *Айырылу, қақырау.* **4.** ауыс. *Тарау, жұқару.*

**Жыртылуға шақ қалғандай.** *Әні-міні айырылатындай.*

**ЖЫРТЫЛЫМ** зат. геол. *Шөгінді таужыныстардың қат-қабатталу немесе әр сипатты таужыныстардың бір-бірімен көлбеу бағытта астасу жазықтығынан көрінетін жыртылып-айырылу түрі.*

**ЖЫРТЫНДЫ** зат. **1.** *Жыртылған нәрсенің қалдығы, соның азғана бөлшегі.* **2.** *Соқамен айдалған жер.*

**ЖЫРТЫҢ** елік. *Сырт көзге ерсі көрінген күлкіні бейнелейтін сөз.*

**Жыртың етті.** *Сырт көзге ерсі көрінетін күлкімен күлді, тұштаң етті.*

**ЖЫРТЫҢДА=** ет. *Жыртың-жыртың ету, тұштаңдау, жыртақтау.*

**ЖЫРТЫҢДАС=** ет. *Жыртың-жыртың етісу.*

**ЖЫРТЫҢДАТ=** ет. *Жыртың-жыртың еткізу, тұштаңдату.*

**ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ** елік. *Жыртыңдап күлген, тұштаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Жыртың-жыртың етті.** *Жыртыңдап күлді, тұштаңдады.*

**ЖЫРТЫС** зат. **1.** *Матаның жыртылу қалпы, жыртылған бөлшегі.* **2.** этн. *Қуанышқа арналған салтанатты жиын, тойда әдетте әйелдер арасында үлестірілетін, көбіне, мата түріндегі кәде.* **3.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі өлік жөнелту ғұрпында жерлеуге қатысқан еркектерге зират басында үлестірілетін, көлемі беторамалдай мата бөлігі; қарт адамдар қайтыс болғанда матадай берілетін салт, кәде.* **4.** этн. *Есік көре барған күйеудің әйелдерге үлестіру үшін апаратын матадай сыйлығы.*

**Жыртыс жыртты.** этн. *Жыртысқа арналған матаны елге үлестірді.* **Жыртысын жыртты.** *Сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.*

**ЖЫРТЫС=** ет. **1.** *Жұқа затты бөлшектесу.* **2.** *Жер айдасу.*

**ЖЫРТЫСУ** *Жыртыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРТЫСШЫ** зат. этн. *Жыртыс таратушы, үлестіруші.*

**ЖЫРУ** *Жыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жерін сыдыру.* **2.** *Суды бұрып алу.* **3.** *Айыру.*

**ЖЫРША** үст. *Жыр тәрізді, жыр сияқты.*

**ЖЫРШЫ** зат. **1.** этн. *Халықтың өлең-жырларын жаттап алып айтатын, елге тарататын ақын.* **2.** ауыс. *Тамылжытып, құйқылжытып сайрайтын әнші құс.*

**Жыршы құс.** поэт. *Әнші құс.*

**ЖЫРШЫ-КҮЙШІ** зат. *Жыр айтушы, күй тартушы өнерпаз қауым.*

**ЖЫРШЫЛ** сын. *Жырды жақсы көретін, жырды сүйгіш.*

**ЖЫРШЫЛЫҚ** зат. *Жыршы болушылық; жырсүйгіштік, жырқұмарлық. // Жыршыға тән.*

**ЖЫРЫҚ**[1] зат. мед. *Іштен туа бітетін ерін және таңдай кемістіктері.*

**Жырық езу.** *Жырылған кем езу.*

**ЖЫРЫҚ**[2] зат. қолөнер. *Киімнің етегі кең, жүріп-тұруға ыңғайлы болу үшін кесіп, жырып салынатын тігіс.*

**ЖЫРЫҚ**[3] зат. этн. *Жырығы бар қалпақ түрі.*

**ЖЫРЫҚ**[4] зат. жерг. *Терісін алу үшін сойылған қаракөл қозының еті.*

**ЖЫРЫҚ**[5] сын. **1.** *Бір нәрсе жырып кеткен, жырылған (ерін, құлақ т.б.).*

**Жырық ерін.** *Туа біткен ерін кемістігі немесе зақым келгеннен болған жарақат.*

**ЖЫРЫҚТАУ** сын. *Аздап жырық; жырық сияқтанған.*

**ЖЫРЫЛ=** ет. **1.** *Құлақ, ерін т.б. бөлініп, кесіліп кетуі.* **2.** *Бөлініп шығу, шеттеу.* **3.** ауыс. *Көзге түсу, ерекшелену.* **4.** *Айырылу, қолдан шығарып алу.* **5.** *Судың әсерінен құм-топырақтың шайылып кетуі.*

**ЖЫРЫЛУ** *Жырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫЛЫН=** ет. сөйл. ***Жырылу.***

**ЖЫРЫЛЫНУ** *Жырылын етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫМ**[1] зат. этн. *Айыл не тартпаның ұшына жалғап, соларды байластырып бекітетін кішкене жіңішке қайыс.*

**Жырым балақ.** *Әсемдік үшін жырық шығарып тігілген балақ.* **Жырым жеді.** *Ұсақ-түйек дүниелерді ұрлап-қарлап күн көрді, кәсіп етті.*

**ЖЫРЫМ**[2] зат. *Қалтарыс-бұлтарысы көп сайлы, ойпаңды жер.*

**ЖЫРЫМ**[3] сын. *Жырылған, жырық, тілік.*

**ЖЫРЫМДА=** ет. **1.** *Жыру, жырту, тілу.* **2.** *Бөлшектеу, бөліп-жару.* **3.** *Үзіп-жұлу.*

**ЖЫРЫМДАЛ=** ет. **1.** *Тілiну, кесілу, жырым түсу.* **2.** ауыс. *Жырымшылану, талан-таражға түсу.*

**ЖЫРЫМДАЛУ** *Жырымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫМДАН=** ет. *Жырым-жырым болу.*

**ЖЫРЫМДАНУ** *Жырымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫМДАТ=** ет. *Жырым-жырым ету, жырық түсіру.*

**ЖЫРЫМДАТУ** *Жырымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫМДАУ** *Жырымда етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫРЫМ-ЖЫРЫМ** сын. **1.** *Жыртылып-тозған, дал-дал, пәре-пәре, тілім-тілім.* **2.** *Бытшыт, дара-дара, бөлшек-бөлшек.*

**ЖЫРЫМШЫЛА** ет. сөйл. ***Жырмала.***

**ЖЫРЫН** үст. *Өз алдына, бөлек, жеке.*

**ЖЫРЫНДЫ** сын. **1.** *Жырылып қалған, бөлек тұрған.* **2.** *Айлакер, тәсілқой, тәжірибелі.* **3.** *Әккі, қу, алаяқ, залым.*

**ЖЫРЫНДЫҚОР** сын. сөйл. *Әккі, айлакер, қу.*

**ЖЫРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Тәсілқойлық, айлакерлік; әккілік.*

**ЖЫТ=** ет. *Қашу, безу, таю, зыту.*

**ЖЫТҚЫР** сын. **1.** *Алғыр, тапқыр, өжет.* **2.** ауыс. *Тез өтіп жатқан (түндер).*

**ЖЫТҚЫТ=** ет. жерг. ***Ытқыт.***

**ЖЫТУ** *Жыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫТЫ** сын. *Жылдам, тез.*

**Жыты ат.** *Ұшқыр, жүйрік ат.*

**ЖЫТЫЛ=** ет. *Сытылу.*

**ЖЫТЫЛУ** *Жытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫТЫР=** ет. *Тығу, жасыру; көзін құрту, жоғалту.*

**ЖЫТЫРТ=** ет. *Тықтыру, көзін құрттыру.*

**ЖЫТЫРТУ** *Жытырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЫТЫРУ** *Жытыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБЕК** зат. **1.** *Жібек құртының пілләсынан өндіріліп, тоқыма-мата өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшық.* **2.** *Беті тегіс, жылтыр қымбат (бағалы) мата. //Жібектен жасалған.* **3.** ауыс. *Жұмсақ, биязы, майда.* **4.** ауыс. *Жайлы, қолайлы.* **5.** ауыс. *Жарамды, пайдалы.*

**Жібек арқан.** *Сәндік, әсемдік үшін арнайы дайындалған киіз үйді бекітетін, тең, жүк т.б. буатын жібектен есілген жіп.* **Жібек баулы.** поэт. *Алғыр, атақты.* **Жібек дауыс.** *Жұмсақ, сүйкімді жіңішке дауыс.* **Жібек жел.** поэт. *Жұмсақ леп, самал.* **Жібек жолы.** тар. *Ертедегі Қытай мен Византия арасындағы Қазақстан жерінен өтетін, жібек таситын керуен-сауда жолы.* **Жібек жіп.** а) *Жібек құртынан алынатын өте жіңішке, мықты, үзілмейтін жылтыр жіп.* ә) ауыс. *Таза, асыл.* **Жібек жіптей.** *Өте нәзік, үлбіреген.* **Жібек иіру.** тоқыма. *Жібек өндіретін өнеркәсіптердегі жібек талшығынан жіп дайындаудың технологиялық процесі.* **Жібек көбелек.** зоол. <лат. bombycidae> *Қабыршақ қанаттылар отрядының көбелектер тұқымдасы; қанаты жылтыр сары түсті көбелек.* **Жібек көйлек.** *Жібек матадан тігілген жұмсақ, жұқа көйлек.* **Жібек құрты.** *Жібек талшықтарын шығаратын құрт.* **Жібек құрты ағашы.** *Тұт ағашы.* **Жібек құртын өсіру.** *Ауылшаруашылығының табиғи жібек талшығын өндіруге мамандандырылған саласы.* **Жібек мата.** *Аса құнды саналатын жібек жіптен тоқылған жеңіл әрі сәнді мата.* **Жібек орамал.** *Жібек матадан істелген орамал.* **Жібек тілді.** *Сөзі майда.* **Жібекті түте алмаған жүн қылады.** *Бабын білмеген адам құртады, бүлдіреді деген мағынада.* **Жібек шұлық.** *Жібектен тоқылған шұлық.*

**ЖІБЕКТЕЙ** сын. **1.** *Жібек сияқты.* **2.** ауыс. *Жұмсақ, биязы, майда (жүн, шаш т.б.).*

**Жібектей есілген.** *Мінезі биязы, жақсы қылықты.*

**ЖІБЕКТІК** сын. *Жұмсақтық, майдалық.*

**ЖІБЕКШЕ** үст. *Жібек тәрізді, жібек сияқты.*

**ЖІБЕКШӨП** зат. бот. сөйл. ***Шалаң.*** *Тек жіңішке, ұзын, таспа жапырақтардан ғана тұратын үлпілдек су өсімдігі.*

**ЖІБЕКШІ** зат. *Жібек құртын өсірушілер, жібек талшығын өңдеушілер.*

**ЖІБЕР=** ет. **1.** *Біреуді бір жаққа жөнелту, аттандыру; жұмсау.* **2.** *Бір нәрсені беріп жіберу.* **3.** *Босату, қоя беру; ұстап қалмау, тоқтатпау.* **4.** грамм. *Күрделі етістік құрамында кездесетін, жылдамдық, тездік мән тудыратын көмекші етістік.*

**Жібер, аттың басын.** сөйл. әзіл. *Сөйле, бәрін айт, ішіңді босат деген мағынада айтылатын сөз.* **Жіберіп-жіберіп алды.** *Аттың басын бос қойып, еркін жүріске салды, тежемеді.* **Жіберіп қалды.** *Қолындағыны лақтырды, ұрды.*

**ЖІБЕРГІШ** сын. *Бір нәрсені тоқтатып, босатып, жауып, ашып тұратын.*

**ЖІБЕРТ=** ет. **1.** *Жөнелту, жұмсау.* **2.** *Өткізу, жіберіп алу.* **3.** *Әкелдірту, апарттыру, жолату, кіргіздірту.*

**ЖІБЕРТКІЗ=** ет. *Жіберу, баруға рұқсат ету.*

**ЖІБЕРТКІЗУ** *Жіберткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБЕРТТІР=** ет. *Барғыздыру, баруына мұрындық болу.*

**ЖІБЕРТТІРУ** *Жіберттір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБЕРТУ** *Жіберт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Барғызу, жұмсау.* **2.** *Апартқызу, жөнелту.*

**ЖІБЕРУ** *Жібер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жөнелту.* **2.** грамм. *Негізгі етістіктегі қимыл-әрекеттің тез, бірден дамуына себепші болу мағынасын береді.*

**ЖІБЕРУШІ** зат. *Жөнелтуші, жұмсаушы.*

**ЖІБЕРІЛ=** ет. *Босатылу, еркіне қойдырылу.* **2.** *Қойылу.* **3.** грамм. *Негізгі етістікті білдіретін қимыл-әрекеттің сол мезетте, ойда жоқта, тез орындалғанын білдіреді.*

**ЖІБЕРІЛУ** *Жіберіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жөнелтілу.* **2.** *Қоя беру, босату.*

**ЖІБЕРІҢКІРЕ=** ет. *Алға оздырыңқырау.*

**ЖІБЕРІҢКІРЕУ** *Жіберіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБЕРІП-ЖІБЕРІП: жіберіп-жіберіп алды.** *Атпен ағызды, жүйткітті.*

**ЖІБЕРІС=** ет. *Хат, хабар, зат т.б. жіберісу, хабарласу, қатынасу.*

**ЖІБЕРІСУ** *Жіберіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБУ** *Жібі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоңның еруі, жұмсару.* **2.** ауыс. *Жылу, көңілі түсу, мейірлену.*

**ЖІБІ=** ет. **1.** *Судың, жылылықтың әсерінен тығыз заттың жұмсаруы, еруі, босауы.* **2.** ауыс. *Көңілі түсу, мейірлену.*

**Жібіген ет.** тамақ. *Қатты мұздатылған еттің жылылықтың әсерінен жұмсаруы, турауға, пайдалануға келуі.* **Жібіген тоң сулар.** геол. *Көпжылдық тоңдаған таужыныстардың жібуі нәтижесінде пайда болатын сулар.*

**ЖІБІГІШТІК** зат. геол. *Сазды жыныстардың су сіңірген байланысын (тұтастығын), салмақ көтергіштік қасиетін мүлде жоғалтып, іркілдек массаға айналу қабілеті.*

**ЖІБІЛГЕН** зат. өс. <лат. clematis> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық бұта.*

**ЖІБІР** зат. жерг. ***Жебір.***

**ЖІБІС=** ет. *Жіпсу, босау, сулану.*

**ЖІБІС** зат. *Жібу, босау.*

**Жағасы жақыт кіреуке жібісі жетіп, жүн болғанша.** *Шыдамның, төзімнің соңына жеткенінше.*

**ЖІБІСКІ** сын. **1.** *Бірнеше күн үздіксіз, тоқтаусыз жауған жаңбыр.* **2.** *Сығырайған.*

**ЖІБІСУ** *Жібіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБІТ=** ет. **1.** тігіншар. *Аң терісін, былғарыны киім, баскиім тігу т.б. мақсатта пайдалану үшін суға, сүтке салып жұмсарту.* **2.** тамақ. *Бұршақ, тары, бидай т.б. дәнді дақылдарды асқа пайдалану үшін су, сүт сияқты сұйықтыққа салып жұмсарту.* **3.** ауыс. *Жылы сөз, ыстық ықылас, кеңпейіл таныту арқылы адамның көңілін босату, жан-жүрегін баурап, мейірін ояту.*

**ЖІБІТУ** *Жібіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** кен. *Қатып қалған сусымалы шикіқұрам материалдарын жылы жерге апарып жылыту, жоғары температуралы ортаның жылуын температурасы төменірек ортаға (қыздырылатын) жеткізу.* **2.** *Асқа жарамды дәнді дақылдарды пайдалану алдында сұйықтыққа салып жұмсарту.* **3.** тамақ. *Тоңазытқыштарда мұздатылған ет немесе балық өнімдерін, басқа да тамақ өнімдерін жылу алмасу процесінің күшімен жылытып өңдеу.*

**ЖІБІТІЛ=** ет. *Жұмсартылу.*

**ЖІБІТІЛУ** *Жібітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІБІТІС=** ет. *Жұмсартысу.*

**ЖІБІТІСУ** *Жібітіс етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІГЕР** [ир. جگر ] зат. **1.** *Қажыр, қайрат.* **2.** *Өзін-өзі жеңе алушылық, ынта.* **3.** *Намыс.*

**Жігер берді.** *Рухтандырды, шабыттандырды.* **Жігерін жаныды [қамшылады, қайрады, шыңдады].** *Қайрады, намысын қоздырып, рухын оятты.* **Жігерін жасытты.** *Бетін қайтарды, еңсесін түсірді, мұқалтты.* **Жігерін құммен тең қылды [етті].** *Адамның көңілін бұзып, жұмысқа деген ынтасын құртып, жасытып, діңкелетіп жіберді.* **Жігерімен тасты үгіткен [даланы дүр сілкінткен].** *Ерекше қайратты, еркі күшті, ержүрек, батыл, батыр, өркеуде (жан).* **Жігер салды.** *Бар қажыр-қайрат, күшін жұмсады.* **Жігерді қашайды.** бейн. *Жігерлендіреді, рух, дем береді.* **Жігері бор болды [уатылды].** *Қатты жасып, тауы шағылып, тауаны қайтты.* **Жігері жетесінен тайды.** *Дәрменсіздік танытты, шамашарқы кеміді, рухсызданды, азды, әлсіреді.* **Жігері жетпеді.** *Батылсыздық танытты, шамасы келмеді, күші жетпеді.* **Жігері жоқ.** *Көңілі босаң, намысшыл емес, босбелбеу, қайратсыз, жасық, жасқаншақ.* **Жігері қайнады.** *Намысқа тырысып, өзін-өзі қамшылап, қайраттанды, рухтанды.* **Жігері құм [еңбегі еш] болды.** *Мысы құрыды, жасыды, тауы шағылды.* **Жігері ұнтатылды.** *Меселі қайтты, жасыды.* **Жігері тасыды.** *Қайраттанды, қажырланды.*

**ЖІГЕРДЕЙ** сын. жерг. *Сабаудай, діңдей.*

**ЖІГЕР-КҮШ** зат. *Күш-қайрат, ерік, әлқуат.*

**ЖІГЕР-ҚАЙРАТ** зат. *Қажыр-қайрат, күш-қуат.*

**ЖІГЕРЛЕН=** ет. **1.** *Құлшыну, рухтану, қайраттану, шабыттану.* **2.** *Күш жинап, қуаттану.*

**ЖІГЕРЛЕНДІР=** ет. *Біреуді қайрап, шабыттандыру, қайраттандыру, рухтандыру.*

**ЖІГЕРЛЕНДІРЕРЛІКТЕЙ** сын. *Күш беретіндей, қозғау салатындай, жігер беретіндей, әсерлі.*

**ЖІГЕРЛЕНДІРУ** *Жігерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІГЕРЛЕНУ** *Жігерлен етістігінің қимыл атауы; қайраттану, күш жию.*

**ЖІГЕРЛІ** сын. **1.** *Жігер берерліктей, рух оятатындай.* **2.** *Қажырлы, қайратты.* **3.** *Өз бетімен дербес шешім қабылдаудан тайсақтамайтын, бұғып қалмайтын, ойын ашық білдіретін, кедергіден қорықпайтын.* **4.** ауыс. жағымсыз. *Күшті, зұлым күшке толы, арамза, айлалы.*

**ЖІГЕРЛІК** зат. сөйл. ***Жігерлілік.***

**ЖІГЕРЛІЛІК** зат. **1.** *Қажырлылық, қайраттылық.* **2.** псих. *Адамның өз бетімен дербес шешім қабылдай алатын, ойын ашық білдіретін қаблеті...*

*шешім қабылдай алатын, ойын ашық білдіретін ұнамды ерік сапаларының бірі.*

**ЖІГЕРЛІРЕК** сын. *Батылдау, өз ойын білдіре алатын.*

**ЖІГЕР-ОЙ** зат. *Бар ынта-жігері, ақыл есі.*

**ЖІГЕРСІЗ** сын. *Қажыр-қайратсыз; ынжық, жасық.*

**ЖІГЕРСІЗДЕУ** сын. *Ынжықтау, жасықтау.*

**ЖІГЕРСІЗДІК** зат. **1.** *Қажырсыздық, қайратсыздық.* **2.** *Өз дегенін жасай алмаушылық, ынжықтық, жасықтық.*

**ЖІГЕР-ТАЛАП** зат. *Күш-қуат, зор ынта, ықылас, білімге, жақсылыққа құштарлық.*

**ЖІГІРДЕК** зат. бот. жерг. *Долана. Долананы Маңғыстауда жігірдек деп атайды.*

**ЖІГІТ**[1] зат. **1.** *Ержеткен, кәмелетке толған ер-азамат.* **2.** *Үйленгелі жүрген, қалыңдық тауып, құда жіберіп т.б. жөн-жоралғысын жасауға кіріскен ер-азамат.* **3.** *Қызға сөз айтып жүрген немесе қызбен жүріп жүрген жігіт.* **4.** көтермелеу. *Риза болғанда, көңілі толғанда, қолпаштағанда, мадақтағанда жарайсың деген мағынада айтылатын сөз.*

**Жігіт ағасы.** а) *Бозбала шақтан өткен, жиырма бестен асқан, есейген азамат.* ә) *Жұртқа ақылшы аға, ел басы дәрежесіне жеткен жігіт.* б) *Жігіт ағасы болды, есейді, кісі боп қалды, орта жасқа келді.* **Жігіт болды.** а) *Ержетті, азамат болды, ел қатарына қосылды, ат жалын тартып мінді.* ә) *Кәмелетке толып, үйленді, жеке отау тікті, аяқтанды.* б) *Ер жетіп, өмірге араласты, өз тағдырына өзі ие болды.* **Жігіт болмай жидіп қал [қалсын].** қарғ. *Бос, болбыр жігітке ренжігенде айтылады.* **Жігіт екенсің.** эмоц. *Азаматтың, кісінің көмегіне, жақсы қылығына риза болғанда айтылатын мадақ сөз.* **Жігіт кез.** *Адам өмірінің балалықтан кейінгі, қызық пен тамашаға толы, албырт шағы.* **Жігіт салты.** этн. *Жігіттік, бозбалалық салтын құру деген мағынада.* **Жігіт тымақ.** жерг. *Түлкі терісінен жасалған кішкене құлақшынды баскиім.* **Жігіттің басын кеміту.** а) *Жар таңдауда жолы болмаған, теңін таппаған жігіттің беделі түсіп, жігері жасуы, ел алдында төменшіктеуі.* ә) *Жігіттің өсіп-өнбеуі, отбасының берекесіздігі.* **Жігіттің де жігіті бар.** *Жігіттің бәрі бірдей емес, таңдаулысы, бірегейі бар.* **Жігіттің қыраны.** *Сөзіне ісі сай, сегіз қырлы, бір сырлы мықты жігіт.* **Жігіттің пырағы.** *Ақылына күші сай, елден озған, қол бастаған батыр жігіт.* **Жігіттің сұлтаны [сығайы].** *Жігіттің төресі, сегіз қырлы бір сырлысы.* **Жігіттің сырттаны.** *Ержүрек, қайсар, батыр, алғыр, ардақты жігіт.* **Жігіті бар.** *Сөз байласқан, жүріп жүрген, сүйген адамы бар (қыз туралы).*

**ЖІГІТ**[2] зат. астр. *Мицар жұлдызының қазақша атауы.*

**ЖІГІТАЙ** зат. жерг. ***Құлан.***

**ЖІГІТ-ЖЕЛЕҢ** зат. *Бозбала, жасөспірім жігіттер.*

**ЖІГІТ-ҚЫЗ** зат. ***Қыз-жігіт.***

**ЖІГІТСУ** *Жігітсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІГІТСІ=** ет. *Жігіт болғансу, өзін жігіт етіп көрсету үшін елден артық сөйлеп, ерекше әрекет ету.*

**ЖІГІТСІЗ** сын. *Жігіті жоқ, жігіті болмаған.*

**ЖІГІТСІН=** ет. *Жігітке ұқсау, жігіт сияқты көріну.*

**ЖІГІТСІНУ** *Жігітсін етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІГІТТЕЙ** сын. *Жігіт сияқты, ер-азаматқа тән іс-әрекет ететін.*

**ЖІГІТТІК** зат. **1.** *Ер адам өмірінің балалықтан, жасөспірім шақтан кейінгі, қызыққа толы кезеңі.* **2.** *Жігітке тән қасиет, жігіт болушылық, жігітшілік.* **3.** ауыс. *Ерлік, адамшылық, қайырымдылық.*

**Жігіттік арман.** *Жастық шақта басым болатын албырт сезім, ізгі мақсат, алып-ұшпа көңіл.* **Жігіттік ғұмыр [дәурен].** *Қызыққа толы жастық шақ.* **Жігіттік дәурен.** *Жігіттік кезең, жастық шақ.* **Жігіттік жас.** *Адамның бозбалалықтан өтіп, ес тоқтатып, толысатын кезеңі.* **Жігіттік керуені.** поэт. *Жастық шақтың өтпелілігі, қызық дәуреннің уақытша екендігі мағынасында.* **Жігіттік көрсетті.** *Азаматтық, ерлік жасады.* **Жігіттік қызығы.** *Жастықта көрген қызықты, әсерлі оқиғалар, той-думан, ойын-сауық, жетістіктер.* **Жігіттік мұнары.** поэт. *Жастық дәуреннің, өмірдің өтпелілігі, дүниенің жалғандығы.* **Жігіттік раушаны.** поэт. *Жастықтың қызығы, дәурені.* **Жігіттік сарқыты.** поэт. *Жастық шақ өткеннен кейінгі адамның ойында сақталып, жадында қалатын сағыныш сезімі, аңсары.* **Жігіттіктің базары.** поэт. *Жастық шақ.* **Жігіттік шақ.** *Жастық жалынға толы жігерлі кез, қызықты дәурен.*

**ЖІГІТШЕ** үст. *Жігіт сияқты, жігіт тәрізді.*

**ЖІГІТШІК** зат. *Жігітсымақ.*

**ЖІГІТШІЛІК** зат. **1.** сөйл. ***Жігіттік.*** **2.** ауыс. *Бозбалашылық, жігіт кездегі іс-әрекет, өмір, жастық дәурен.*

**Жігітшілік жасады.** *Қызға қырындады, бос жүріспен уақытын өткізді.* **Жігітшілік құрды.** *Жастықтың әуеніне салынды, қызға барды, сөз салды, жүріп-тұрды.*

**ЖІГІТІМ** зат. *Жасы кіші, бейтаныс бозбалаға, жасқа, жалпы орта жастан аспаған ер адамға айтылатын қаратпа сөз.*

**ЖІГІТІМСУ** *Жігітімсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІГІТІМСІ=** ет. *Жігіті болғансу, жігітсымақтану, өзінше қызға сөз айтуға ниеттену, өзін жігіт санау.*

**ЖІЗЕК** зат. көне. *Қосынның алдында жүретін шолғыншы топ.*

**ЖІК** зат. **1.** *Екі нәрсенің айырылар жапсары, шегарасы.* **2.** анат. <лат. sutura> *Сүйектердің арасын байланыстырып тұрған сіңір.* **3.** *Жақ, сала, топ.* **4.** ауыс. *Идеялық, әлеуметтік топ, ағым, партия.* **5.** ауыс. *Ара, аралық.*

**Жігі ажырамас.** *Екі адамның арасындағы татулық, ынтымақтастық, жараспақ мағынасында.* **Жігін айырды.** *Елдің бірлігін бұзды, топ-топқа бөлді.* **Жігін ашты.** *Араларын алшақтатты, суысып кетті.* **Жігін бөлді.** *Арасын ашты, қоғамдағы орны мен саяси бағытқа сәйкес ажырап, топтасты, бірікті.* **Жігін жатқызу.** *Адамдар арақатынасындағы үлкендікішілі алалықты, кемшілікті білдірмей жасыру, татулыққа үндеу.* **Жігін тапты.** *Сүйектердің, жіліктердің бір-бірімен түйіскен жерін дөп тапты.* **Жігі сөгілді.** *Бүтіннің бөлініп, тұтастың ыдырауы, араның ашылуы, сызат түсуі.* **Жік жазбады.** *Бір-бірінен жұбын жазбай бірге болды, айырылмады.* **Жікке бөлді.** а) зоол. *Құстар мен жануарларды, аңдарды тегі мен түріне қарай топтастыру.* ә) *Адамдарды алалап, нәсіліне, дініне қарай әртүрлі топтарға бөліп, арасына от тастау.* б) *Ажыратты, айырмасын білдірді, бөліп көрсетті.* **Жік қойды.** *Ажыратты, бөлді.* **Жік салды.** *Арақатынасын бұзды, араздастырды, бүлдірді.* **Жік түсті.** *Араздасты, жауласты.* **Жік шығарды.** *Жоқтан өзгені сылтауратып, себепсізден себепсіз дау туғызды, шу көтерді.* **Жік шықты.** миф. *Жоқ жерден бәле шықты, іске сайтан араласты, жын-перінің кесірі тиді.*

**ЖІКЕН** зат. жерг. *Жекен, қоға, қамыс.*

**ЖІК-ЖАППАР: жік-жаппар болды.** *Астыүстіне түсті; бәйек болды.*

**ЖІК-ЖАРЫҚШАҚ** зат. *Екі адамның арасындағы реніш, көңілге түскен сызат, қарымқатынаста пайда болған алалық, салқындық.*

**ЖІК-ЖІГІМЕН** үст. *Жүйесі, тобы бұзылмай, ретімен.*

**ЖІК-ЖІК** зат. **1.** *Ара-арасы, аралығы.* **2.** *Бөлек-бөлек, тарам-тарам, сала-сала.* **3.** ауыс. *Топ-топ, жақ-жақ.*

**Жік-жік болды.** *Бөлініп кетті, жақ-жаққа тартты.* **Жік-жікке бөлінді.** *Бір-бірінен бөлек топ құрып, бөлектеніп кетті.*

**ЖІК-ЖАПАР: жік-жапар [жігі-жаппар] болды.** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.*

**ЖІКҚАБАТ** зат. геол. *Бірегей стратиграфиялық (жержылнамалық) шкаланың бесінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі.*

**ЖІКҚАБАТТЫ** сын. *Жікқабаттан тұратын.*

**Жікқабатты аңғар.** геол. *Мұздық аңғары беткейіндегі тар қолат, мұздық шеті бойымен аққан сумен шайылған аңғар.*

**ЖІКҚАБАТТЫҚ: жікқабаттық сутартқы.** геол. *Бір-біріне жақын орналасқан, жетілмеген пайдалану ұңғымаларынан тұратын, қалың сулы горизонттың бірнеше тереңдік аралығында сүзгімен жабдықталған сутартқы.*

**ЖІКПАР** сын. *Жақпар, қатпар-қатпар, текше, өте үлкен.*

**ЖІКСІЗ** сын. **1.** *Жігі білінбейтін, жігі жоқ, біртұтас.* **2.** ауыс. *Арасынан қыл өтпейді, қалтықсыз, жақсы араласқан.*

**ЖІКСІЗДІК** зат. *Жік болмаушылық, алақұласыздық, тұтастық.*

**ЖІКТЕ=** ет. **1.** *Бөлу, саралау, топтастыру.* **2.** лингв. *Есімдер мен етістіктерді жекеше, көпше түрде үш жақ бойынша түрлендіру.* **3.** ауыс. *Ежіктеу.* **4.** ауыс. *Аластау, шетке шығару, екшеу.*

**ЖІКТЕЛ=** ет. **1.** *Әртүрлі белгі-қасиеттері бойынша бөліну, ажыратылып, топтастырылу.* **2.** *Мүдделес адамдардың, топтардың бөлінуі.* **3.** *Анықталу, екшелеу, сұрыпталу.* **4.** лингв. *Жіктік жалғауымен түрлену.*

**ЖІКТЕЛГІШ** сын. бот. *Жіктелуге бейім, икемді.*

**ЖІКТЕЛГІШТІК** сын. лингв. *Жіктелуге бейімділік, жіктелуге оңай.*

**ЖІКТЕЛУ** *Жіктел етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Жік түсу, бірегейліктен айырылу.* **2.** *Ажыратылу, бөліну.* **3.** әлеум. *Топқа бөліну.* **4.** лингв. *Жіктік жалғауын қабылдау, жіктік жалғаумен түрлену; бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінің негізгі амалы.*

**ЖІКТЕЛУШІЛІК** зат. *Жікке, топқа бөлінушілік.*

**ЖІКТЕЛІМ** зат. терм. <лат. classis – класс, топ, facere – жасаймын, реттеймін> *Білімнің, адам қызметінің қайсы бір саласындағы өзара байланысты ұғымдар жүйесі.*

**ЖІКТЕЛІМДІК** сын. *Жіктелімге тән, жіктелген.*

**ЖІКТЕЛІС** зат. *Әлеуметтік, саяси жағдайға қарай бөлінушілік, топтасушылық, жіктелу.*

**ЖІКТЕН=** ет. **1.** *Жігі ажырап топтану.* **2.** ауыс. *Бөліне топталу.*

**ЖІКТЕНДІР=** ет. *Ажырату, айрықшаландыру, бөлекшелендіру.*

**ЖІКТЕНДІРУ** *Жіктендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІКТЕНУ** *Жіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІКТЕП-ЖІЛІКТЕ=** ет. *Затты, құбылысты, аң-құс, жануар-жәндіктерді әртүрлі сапа, белгілері бойынша ұсақ топтарға, топшаларға бөліп, саралау.*

**ЖІКТЕС** зат. *Топтастыру.*

**ЖІКТЕС=** ет. **1.** анат. *Сүйектердің жігі жымдасып, бірігіп тұтасуы.* **2.** ауыс. *Бөлінісу, бөлек жүрісу.* **3.** ауыс. *Ұласу.*

**ЖІКТЕСТІР=** ет. *Топтастыру, екшеу, бөлшектендіру, анықтау.*

**ЖІКТЕСТІРУ** *Жіктестір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІКТЕСУ** *Жіктес етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІКТЕТ=** ет. **1.** *Біреуге бір затты, нәрсені әртүрлі белгі-қасиетіне қарай бөлгізу, топтату.* **2.** лингв. *Жіктік жалғауын жалғату, сөзді жіктік жалғауымен түрлендірту.*

**ЖІКТЕТУ** *Жіктет етістігінің қимыл атауы; анықтату, бөлектету, ерекшелету.*

**ЖІКТЕУ** *Жікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерекшелеу.* **2.** *Бөлу.* **3.** лингв. *Сөздерді сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде жақ көрсеткіштерін жалғау арқылы түрлендіру; іс-әрекеттің кімге қатысты екенін білдіретін грамматикалық категория.* **4.** инф. <ағыл. classification> *Нысандары, заттарды, құбылыстарды, процестерді, мәліметтерді нақты бір белгілеріне сәйкес топтама бойынша үлестіру жүйесі .*

**Жіктеу белгісі.** инф. <ағыл. classification flag> *Басқа нысандармен ұқсастығын немесе олардан айырмашылығын тағайындауға мүмкіндік беретін нысанды жіктеу қасиеті немесе сипаттамасы.* **Жіктеу есімдігі**. лингв. *Сөйлеушінің қай жақта сөйлегендігін көрсететін есімдік.* **Жіктеу салды.** *Адамдарды атақ-дәулетіне, айналысатын кәсібіне, ұлты мен нәсіліне т. б. айырым белгілері мен сипатына қарай бөліп-жарды, екі топқа ажыратты.*

**ЖІКТЕУШІЛІК** зат. *Адамдарды, ағымдарды әртүрлі белгі-сипатына, кәсібі мен саяси көзқарастарына т.б. ұстанымдарына қарай бөлу(шілік).*

**ЖІКТІК**: **жіктік жалғау**. лингв. *Етістіктер мен баяндауыш қызметінде жұмсалған есім сөздерге үш жақта жалғанатын қосымша; жалғаулардың қимыл, іс-әрекеттің кім арқылы, қай жақ арқылы жүзеге асырылатынын білдіретін түрі.*

**ЖІКТІЛІК** зат. геол. *Минерал кристалдарының өзіне тән айқын немесе жасырын жақтарына параллель бағытта, басқа бағыттарға қарағанда жеңілірек даралану қабілеті.*

**ЖІКШІЛ** сын. **1.** *Жік салғыш, алалық тудырғыш.* **2.** *Бөлінгіш.*

**ЖІКШІЛДІК** зат. **1.** *Әлеуметтік топтар арасында бөлінушілік; рушылдық.* **2.** қоғ.-саяси. *Белгілі бір саяси топтардың өздері өмір сүріп отырған мемлекеттен жеке мемлекет ретінде бөлініп шығуға немесе сол мемлекетке тиесілі территорияны басқа бір мемлекетке қосуға ұмтылушылығы.* **3.** *Саяси, діни, кәсіби т.б. қоғамдық бірлестіктер ішіндегі алауыздық.*

**ЖІКІЛ** зат. этн. *Ежелгі түркі тайпасы.*

**ЖІЛІК** зат. **1.** *Жан-жануарлардың қол-аяғында болатын негізгі он екі мүшенің жалпы аты.* **2.** *Асылған ет, тұтас піскен бір жілік ет.* **3.** *Сүйек.*

**Жілігін шағып, майын ішкен.** *Бір істің мән-жайын толық білетін, шебер меңгерген, қыр-сырын толық түсінген, әккі, тәжірибелі (адам).* **Жілігі татиды.** а) *Жеуге болатын еті бар, союға жарайды; арық емес.* ә) *Кәдеге асарлық, жарамды.* **Жілігі толды.** а) *Мал тойынып семірді, етке жарады.* ә) ауыс. *Ел қатарына қосылып, тұрмысы түзеліп, әл-ауқаты көтерілді; ішер ас, киер киімге жарып, байыды.* **Жілігі шағылды.** *Әбден мезі болды, арып-ашып шаршады, зықысы шықты.* **Жілік басы кемігінің бұзылуы.** вет. *Эпифиарлы остеомелиттің асқынған, өте ауыр түрі.* **Жілік буыны.** анат. *Сүйек пен сүйектің, жілік пен жіліктің арасын жалғастырып тұратын, дәнекер қызметін атқаратын түзілім.* **Жілік майы.** анат. <лат. medulla ossium> а) *Адам және омыртқалы жануарлардың сүйектері қуысындағы ұяшықтарында болатын тін.* ә) *Піскен ет жілігінің ішінде болатын жеуге жарамды май.* **Жілік майы үзілді.** *Жүдеді, болдырды.* **Жілік сүйектері.** *Жілікті құрайтын өте қатты, иілмейтін, шорт сынатын қатты түзіліс, жіліктің ортаңғы бөлігі.* **Жілік тартылды.** этн. *Кәделі мүшелері, жіліктер қонақтардың жасына, жөні мен жолына қарай, үй (дастарқан) иесіне жақындығына, туыстық, жора-жолдастық, құдалық қатысына қарай бөлек табақтарға жасалып, ұсынылды.* **Жілікті түрімен бөлді [жасады].** *Сойылған малдың етін екіге, төртке немесе он екіге бөліп, әр жіліктің өзіне лайық омыртқа-қабырғаларын, кесек еттерін, қосымшаларымен бірге жасады, бөлді.*

**ЖІЛІК-ЖАУҚАН** зат. *Тағам, азық боларлық сүйек-саяқ, майы аз, арық ет.*

**ЖІЛІК-ЖІЛІК: жілік-жілікке бөлді [талдады].** *Тәптіштеді, жан-жақты талдады.*

**ЖІЛІКТЕ=** ет. **1.** *Малды сойып, етін мүшемүшеге бөлу, бөлшектеу.* **2.** ауыс. *Талдау, саралау, жіктеу.* **3.** ауыс. *Бөлісу, иемдену, меншіктеу.*

**ЖІЛІКТЕЛ=** ет. *Бөлшектелу, бөліну, мүшелену.*

**ЖІЛІКТЕЛУ** *Жіліктел етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІЛІКТЕТ=** ет. *Сойылған мал етін біреуге мүшелету, бөлгізу.*

**ЖІЛІКТЕТУ** *Жіліктет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІЛІКТЕУ** *Жілікте етістігінің қимыл атауы; мүшелеу, тең бөлу.*

**ЖІЛІКТІ** сын. *Жілігі үлкен, сүйекті, ұзын.*

**ЖІЛІКШІЛІК** сын. жерг. *Нашар, әлсіз.*

**ЖІЛІНШЕК** зат. сөйл. ***Жіліншік.***

**ЖІЛІНШІК** зат. **1.** анат. *Адамның табан сүйектерін құрайтын, башай сүйектері және асық жілік аралығындағы 5 қуыс сүйектен тұратын аяқ сүйектері бір тобының атауы.* **2.** зоол. <лат. tarso – metatarsus> *Кейбір динозаврлар мен құстардың артқы аяқтарындағы толарсақ және табан сүйектерінің бір-бірімен қосылуынан пайда болған жеке сүйек.* **3.** *Адам аяғының тізеден төменгі жіңішке жері, сүйегі.* **4.** *Құстың балағы.* **5.** *Жануарлардың алдыңғы, артқы аяқ сүйектері бір тобының атауы.*

**Жіліншігі үзілердей [үзілді] болды.** *Дамылсыз көп жүргеннен аяқтың әлсізденуі, адамның қатты шаршаған күйі.* **Жіліншік өтер [кең] өңеш.** *Қомағай, ашкөз, мешкей адам.* **Жіліншік сүйектері.** а) зоол. <лат. metacarpus> *Жануарлардың алдыңғы аяғының түтікше тәрізді ұзын сүйектері, алдыңғы сирақ.* ә) зоол. <лат. vetatarsus> *Жануарлардың алдыңғы және артқы аяқ бастары қаңқасының ортаңғы бөліктерін құрайтын сүйек.*

**ЖІЛІНШІКТЕЙ** сын. *Жіліншік сияқты, жіңішке.*

**ЖІМЛЕ** есім. көне. *Күллі, бүкіл, барша.*

**ЖІМСІК** сын. *Қысық, қысыңқы.*

**ЖІМІСКЕЛЕН=** ет. *Бәсеңдеу, сөнуге айналу.*

**ЖІМІСКІ** сын. сөйл. ***Жымысқы.***

**ЖІНТІКСІЗ** сын. жерг. *Болбыр, бозөкпе, шираң емес.*

**ЖІНТІКТЕ=** ет. жерг. *Тәптіштеу, анықтау.*

**ЖІНІГУ** *Жінік етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІНІК=** ет. **1.** *Жылылықтың әсерінен бүліну, бұзылу, иісі шығу.* **2.** *Малды жем-шөпке, суға тойып тұрған кезінде қуып, айдап, жылдам шапқызған жағдайда өте жайсыз күйге түсіп, алқынуы, үркіп-шошуы, аласұруы.* **3.** ауыс. *Сөзге еріп екілену, айтаққа еріп долыру; бір сөз, хабардың әсерінен қатты дүрлігу.*

**ЖІНІКТІР=** ет. **1.** *Етті жел тигізбей ұстап, бастандыру.* **2.** ауыс. *Біреуді қайрау, сөзге елірту, екінші біреуге айдап салу.*

**ЖІНІКТІРУ** *Жініктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІҢГІР** сын. жерг. *Ұлан-асыр.*

**ЖІҢІШКЕ** сын. **1.** *Енсіз, сидам.* **2.** *Жіп, арқан, қайыс сияқты байлауға арналған заттардың ұзын келетін қасиеті, сипаты; жуан емес.* **3.** *Адамның, малдың, құс сүйектерінің жұқа, салалы сипаты.* **4.** *Өсімдік сабағына, тал-терек, ағаштың бұтақтарына тән сипат.* **5.** *Жылқының жалы мен құйрығына, ешкі малының жүніне қатысты сипат.* **6.** *Қалың емес, жіптіктей.* **7.** *Нәзік, бәсең, әлжуаз.* **8.** *Нәзік, талдырмаш, сұңғақ бойлы әйел затына, оның кескін-келбетіне тән сипат.* **9.** *Құрт, жылан сияқты бауырымен жорғалаушылардың дене тұрқының сипаты.* **10.** ауыс. *Әлсіздеу, саны аз, жарлы, кедей.*

**Жіңішке ауру.** сөйл. эвф. а) *Адамның несептік жыныс мүшелерінен ірің ағып ауыратын жұқпалы ауру; соз.* ә) *Өкпе ауруы, туберкулез.* **Жіңішке бауырсақ.** тамақ. *Сүтке, сорпаға жұмыртқа қосып иленген қамырды ашытпай, жіңішке есіп, ұсақтап кесіп, майға жүздіріп пісірген бауырсақ.* **Жіңішке буын.** лингв. *Құрамындағы дауысты дыбыс жіңішке болып келген буын.* **Жіңішке дауысты.** *Нәзік, әлсіз үн.* **Жіңішке дауыстылар.** лингв. *Тілдің таңдайдың алғы шеніне қарай жуықтауынан пайда болатын дыбыстар.* **Жіңішке еріндік дыбыстар.** лингв. *Тілдің жоғары қалпымен ерін қатысуымен жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыстар.* **Жіңішке жапырақты зиягүл.** өс. <лат. serucifolius> *Биіктігі 40-100 см. келетін, жатаған тамырлы болатын, зиягүлдің ең жиі кездесетін түрі.*

**ЖІҢІШКЕЛЕ=** ет. **1.** *Жіңішке қалыпқа келтіру, созу.* **2.** *Сыздықтау.* **3.** *Жіңішке ету.* **4.** ауыс. *Біртіндеу, ақырындау, жайлау.*

**Жіңішкелеп жіберді.** жерг. *Жасырын жіберді.*

**ЖІҢІШКЕЛЕН=** ет. **1.** *Созылыңқы жіңішке қалыпқа келу, жұқару.* **2.** *Тау, өзен, жол т.б. енсізденуі.* **3.** ауыс. *Ұзаққа созылу.*

**ЖІҢІШКЕЛЕНУ** *Жіңішкелен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІҢІШКЕЛЕУ**[1] сын. **1.** *Жіңішкерек, енсіздеу, жалпақ емес.* **2.** *Даусы жуан да емес, қалыпты да емес, көтеріңкілеу, шіңкілдектеу.*

**ЖІҢІШКЕЛЕУ**[2] *Жіңішкеле етістігінің қимыл атауы; жіңішке ету.*

**ЖІҢІШКЕЛІК** зат. **1.** *Жіңішке затқа тән қасиет.* **2.** *Дауыстың қалыптыдан көтеріңкілігі, шіңкілдектік.*

**ЖІҢІШКЕР=** ет. **1.** *Жіңішке қалыпқа келу, жұқарып, енсіздену, кішірею.* **2.** ауыс. *Созалаңдау, ұзау, ұзаққа созылу.* **3.** *Дауысы қалыптыдан жоғарылау, жіңішке болып шығу.* **4.** ауыс. *Кішірею, өзін кінәлі санау.*

**ЖІҢІШКЕРЕК** сын. **1.** *Жіңішкелеу, енсіздеу; жуандау емес.* **2.** *Арықша.*

**ЖІҢІШКЕРТ=** ет. **1.** *Затты созып, жұқарту.* **2.** *Дауысты қалыпты қалпынан жоғарылату, бәсеңдету.* **3.** *Арықтату.*

**ЖІҢІШКЕРТІҢКІРЕ=** ет. *Жіңішкерек қалыпқа түсіру.*

**ЖІҢІШКЕРТІҢКІРЕУ** *Жіңішкертіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІҢІШКЕРТУ** *Жіңішкерт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІҢІШКЕРУ** *Жіңішкер етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІП** зат. *Жүн, мақта, кендір сияқты нәрселерден жіңішке ұзын етіп иірілген немесе есілген бау.*

**Жібі босады.** а) *Үнжырғасы түсті, жүнжіді.* ә) *Ашуы қайтты.* б) *Қарқыны кеміді, бәсең тартты.* **Жібі бостау.** *Болбыр, пысық емес.* **Жібі түзу.** а) *Дұрыс жолдағы, жөнімен жүретін (адам).* ә) *Жарамды, іске татырлық.* б) *Дұрыс.* **Жібі ширақ.** *Оңтайлы, пысық, қолынан іс келетін.* **Жібі ширатылды.** жерг. *Бекімге келді, серпілді.* **Жіпке тізді.** *Түгін қалдырмай есепке алды, толық есептеді.* **Жіпсіз тұсалды.** *Еркі өзінде болмады, амалсыз байланды.* **Жібін ағытты.** *Ойынан шықты, тілін тапты.* **Жібін босатты.** *Бақылауды азайтты, істі, адамды босаңсытты.* **Жібін үзді.** *Дәнекерді, байланыстырып тұрған аралықты үзді.* **Жібін ширатты.** *Пысытты; өзіне-өзін келтірді, сергітті.* **Жіп иіру.** кол өнер. *Ұршық иіріп, жіп дайындау.* **Жіп иіру комбинаты.** *Жіп иірумен айналысатын комбинат.* **Жіп иіру станогы.** тех. *Қысқа талшықтардан жіп иіретін өндіріс мәшинесі.* **Жіп иіруші.** *Ұршық иіріп, жіп дайындаушы адам немесе жіп иіру станогында тұрған маман.* **Жіп сабақтап көрмеген.** *Өмірінде еш нәрсе істемеген (ақсаусақ, жалқау кісі туралы айтылады).* **Жіп талшықтары.** *Тұтас жіпті құрайтын ұсақ, өте жіңішке жіпшелер.* **Жіп те есе алмайды.** *Қолынан ештеңе келмейді, олақ.*

**ЖІПБАУ** зат. этн. *Жіптен жасалған жіңішке бау.*

**ЖІПЖАПЫРАҚ** [ор. лепталеум нителистный] зат. *Шытырдың бір түрі, жапырақтары жіп сияқты жіңішке әрі ұзын болады.*

**ЖІП-ЖИРЕН** сын. сөйл. *Нағыз жирен.*

**ЖІП-ЖИІ** сын. сөйл. *Өте-мөте жиі, аралары өте жақын.*

**ЖІП-ЖІҢІШКЕ** сын. **1.** *Қылдай.* **2.** *Енсіз, тар.* **3.** *Талдырмаш, нәзік.* **4.** ауыс. *Осал, әлсіз, болашағы жоқ.*

**ЖІПКЕСЕР** зат. этн. көне. *Даудың шешімі шыққанда ала жіпті кескен биге берілетін ақы.*

**ЖІПКІН** сын. жерг. *Қаның қызыл.*

**ЖІПСАРЫ** зат. бот. сөйл. *Арамсояу.*

**ЖІПСЕ**[1] зат. *Аяқкиімнің ұлтаннан кейінгі сыздығы.*

**ЖІПСЕ**[2] зат. *Есік тақтайларын ұстап тұру үшін көлденең салынған ағаштар, қарғаша .*

**ЖІПСЕЛЕ=** ет. *Білгізбей, ептеп істеу.*

**ЖІПСЕЛЕУ** *Жіпселе етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІПСУ** *Жіпсі етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІПСІ=** ет. **1.** *Терлей бастау, бусану.* **2.** ауыс. *Күннің жылуынан қар еріп, жердің жібі бастауы.*

**ЖІПСІЗ** сын. *Жіп болмаған, жібі жоқ.*

**Жіпсіз байлады [матады, тұсады, еріксіз ұстады].** *Еріксіз ұсталды, бірдеңеге алданы, кетіп қалуға мұршасын келтірмеді.* **Жіпсіз бөгеді.** *Амалсыздан тоқтатты.* **Жіпсіз матады.** *Еріксіз көндірді, байқатпай бағындырды.*

**ЖІПСІК** сын. **1.** *Жасаураған, суланып тұратын.* **2.** *Жібіген, ери бастаған.*

**ЖІПСІКТЕУ** сын. **1.** *Аздап суланып тұратын.* **2.** *Аздап ерігең.*

**ЖІПСІЛЕҢ** сын. сөйл. ***Жіпсік.***

**ЖІПСІЛЕҢДЕУ** сын. сөйл. ***Жіпсіктеу.***

**ЖІПСІҢКІ** сын. *Аздап терһіген, суланған, дымқылданған.*

**ЖІПСІТ=** ет. *Ыстық шай, сорпа әсерінен маңдайдың, дененің бусануы, терщуі.*

**ЖІПСІТУ** *Жіпсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІПТЕЙ** сын. *Жіп сияқты.*

**Жіптей [шуда жіптей] шұбатылған.** а) *Ұздік-создық.* ә) *Іркес-тіркес.* б) *Ирелеңдей.*

**ЖІПТЕЛЕ=** ет. жерг. *Жіпке тізу, санамалау.*

**ЖІПТЕЛЕУ** *Жіптеле етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІПТЕСТІР=** ет. жерг. *Жалғастыру; байланыстыру, сабақтастыру.*

**ЖІПТІК**[1] зат. *Сыптығыр етіп ширатылған жіңішке жіп немесе сол сияқты басқа бір зат; талшық.*

**ЖІПТІК**[2] зат. жерг. *Қысқаштың кішкене түрі.*

**ЖІПТІК: жіптік көз.** *Сығырайған, қысыңқы көз.*

**ЖІПТІКТЕЙ** сын. **1.** *Жіп-жіңішке, тіптүзу, сып-сидам, сымбатты (жігіттің денесі туралы).* **2.** *Талдырмаш, тал шыбықтай.* **3.** *Енсіз, тар, жіңішке (жол).* **4.** *Бабы күшті, күтімі жақсы болғандықтан, артық еті жоқ, бәйгеге немесе кетіп қалуға дайын тұрған жылқы және қыран құс сипаты.* **5.** *Өте жіңішке, қою емес, шұбалаңдаған, созылыңқы (құбылыс бейнесі).*

**ЖІПШЕ**[1] зат. анат. **1.** *Жануарлар мен өсімдіктердің ағзаларындағы жіңішке талшық.* **2.** *Саңырауқұлақтардың жемістік денесі түзілетін, жіңішке вегетативті денесі.*

**Жіпше бактериялар.** биол. <лат. pseudemonada> *Pseudotonada тұқымдасына жататын хламидобактериялар тобы.*

**ЖІПШЕ**[2] үст. *Жіп тәрізді, жіп сияқты.*

**Жіпше шұбатылған [шұбалған].** *Ұзыннан-ұзақ шұбалған, ұзын болып түскен, созылған.*

**ЖІП-ШУ** зат. *Киіз үй тігуге, мал байлауға, отын-су тасуға қажетті баулардың (жіптердің) жиынтығы.*

**ЖІПШУМАҚ** зат. бот. *Бірнеше рет бұтақталған, шумақталған жіңішке жіпшелерден түзілген саңырауқұлақтың вегетативті денесі.*

**ЖІПШІК** зат. *Жіп сияқты жіңішке зат.*

**ЖІПІЛГЕН** зат. бот. <лат. klematis> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын бұта.*

**Жіпілген туысы.** өс. *Көпжылдық шөп сабақтас, жартылай бұталы өсімдік.*

**ЖІТ=** ет. көне. *Құрып-біту, жоғалу, өлу.*

**ЖІТУ** *Жіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІТІ** сын. **1.** *Қырағы, көргіш, байқағыш, өткір.* **2.** *Ширақ, жылдам, тез.*

**Жіті басты [жүрді].** *Асығыс, шапшаң жүрді.* **Жіті көңіл бөлді.** *Қатты қадағалады, қарады.*

**ЖІТІК: жітікке саяқ.** а) *Қуға қу дөп қосылған, бір-біріне сайма-сай.* ә) *Қолынан түк келмейтін; жоқ-жітік, жалғыз, қадірі жоқ.*

**ЖІТІЛЕН=** ет. *Тездеу, шапшаңдау; шираү.*

**ЖІТІЛЕНУ** *Жітілен етістігінің қимыл атауы.*

**ЖІТІЛЕУ** сын. *Қаттылау, күштілеу (ауру барысы туралы).*

**ЖІТІЛІК** зат. *Қырағылық, көрегендік, байқағыштық.*

**ЖІТІР=** ет. **1.** көне. *Жіберу.* **2.** *Жасыру.*

**ЖІТІРЕК** сын. **1.** *Көрегендеу, қырағылау.* **2.** *Тезірек, жылдамырақ.*

**ЖІТІРМЕЛЕТ=** ет. *Асығыс, жылдам, тез-тез қимылдау.*

**ЖІТІРЛЕМЕТУ** *Жітірмелет етістігінің қимыл атауы.*

**ЖЮРИ** [франц. jury] зат. ***Қазылар алқасы*** *(жарысқа түскен адамдарға, әртүрлі шығармаларға жүлде немесе сыйлық беру үшін құрылған білгір мамандар тобы).*

# З

**З.** зат. лингв. **1.** *Тіл ұшының астыңғы күрек тіске жуысуынан жасалатын дауыссыз дыбыс.* **2.** *З дауыссыз фонемасының әріптік таңбасы.*

**ЗА** *Араб әліпбиіндегі «з» әрпінің айтылуы.*

**ЗААНЕН: заанен ешкісі.** қойшар. *Өте сүтті, өсімтал, мүйізсіз, ақ қылшықты, түбітті ешкі тұқымы.*

**ЗАБОЙ** зат. кен. *Кен өндірісінде жердің үстіңгі бетіне қарсы жағындағы кеншінің жұмыс орны.*

**ЗАБОЙЛА=** ет. кен. *Кенді не тас көмірді үңгірлеп қазу.*

**ЗАБОЙЛАУ** *Забойла етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАБОЙШЫ** зат. *Забойда кен қопаратын адам, кенші.*

**ЗАБЫР** зат. көне. *Зәбір, зиян, азап.*

**ЗАБЫРЛАН=** ет. көне. *Жәбірлену, азапқа қалу.*

**ЗАБЫН** зат. жерг. *Зиян, кесір.*

**ЗАБЫТ: забыт алды.** жерг. *Меңгерді, иелік етті, бағындырды.*

**ЗАВОД** ор. зат. ***Зауыт.***

**ЗАВОДТАЙ** сын. *Зауыт сияқты.*

**ЗАВХОЗ** ор. зат. сөйл. *Мекеменің шаруашылық ісін жүргізетін адам.*

**ЗАГОН** ор. зат. сөйл. ***Қаша*** *(егістіктегі жыртылып жатқан бір орам жер).*

**ЗАҒАРА** [ир. زغاره] зат. жерг. **1.** *Жүгері ұны.* **2.** *Жүгері ұнынан пісірілген нан.*

**ЗАҒИП** [ар. ضعيف] зат. **1.** *Кемтар, мүгедек, жарымжан.* **2.** стиль. *Аурудан немесе өзге себептерден көру түйсігінен ажырап қалған соқыр адам.* **3.** ауыс. *Кәріп-қасер, мүсәпір, бейшара.*

**Зағиптар мектебі.** пед. *Көзі көрмейтін зағиптардың орта, кәсіптік білім алуына арнайы жасақталған мектеп.* **Зағиптар үйі.** *Көзі*

*көрмейтін загиптарды оқыту, қамқорлыққа алу мақсатында салынған жай.*

**ЗАҒИПА** [ар. ضعيفة ] зат. көне. *Әйелі, жұбайы, жары.*

**ЗАҒИПТАН=** ет. *Кемтар, мүгедек болу.*

**ЗАҒИПТАНУ** *Загиптан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҒИПТЫ**[1] сын. *Ауруы бар, кемтар, кінәратты, бейшара.*

**ЗАҒИПТЫ**[2] сын. жерг. ***Күдікті.***

**ЗАҒИПТЫҚ** зат. **1.** *Кемдік, кемтарлық, мүгедектік; кәріптік, мүсәпірлік.* **2.** *Соқырлық, көзі көрмеушілік.*

**ЗАҒИФ** сын. сөйл. ***Загип.***

**ЗАҒИФА** зат. көне. ***Загипа.***

**ЗАҒИФЛЫҚ** зат. сөйл. ***Загиптық.***

**ЗАҒЫМА** зат. жерг. *Түбі таяз үлкен табақ.*

**ЗАҒЫП** сын. сөйл. ***Загип.***

**ЗАҒЫПЫРАН**[1] зат. сөйл. ***Запыран***[1].

**ЗАҒЫПЫРАН**[2] зат. сөйл. ***Запыран***[2].

**ЗАҒЫПЫРАНДАЙ** сын. сөйл. *Запыран сияқты, сары түсті.*

**ЗАДА** [ир. زاده ] зат. *Нәсілі, ата-тегі, тұқымы асыл, жақсы адам.*

**ЗАДЖАЛ** [ар. زجل] зат. әдеб. *Араб халық поэзиясындағы 6–9 тармақты өлең түрі.*

**ЗАДЫ**[1] зат. *Тегі, негізі, тұқымы.*

**ЗАДЫ**[2] үст. сөйл. ***Задында.***

**ЗАДЫНДА** үст. *Тегінде, негізінде.*

**ЗАЕМ** ор. зат. банк. *Белгілі шартпен қарыз ақша алу операциясы.*

**ЗАИМКА** ор. зат. тар. *Біреудің иемденген, меншіктенген жері.*

**ЗАЙ**[1] зат. *Араб әліпбиіндегі «з» дыбысының айтылуы.*

**ЗАЙ**[2] зат. жерг. *Дым, дымқыл.*

**ЗАЙҒЫ** үст. сөйл. ***Зайығы.***

**Зайғы болды**. *Зая кетті, құр-босқа кетті.* **Зайғы етті**. *Зая қылды, құр-босқа кетірді.* **Зайғы кетті.** *Зая болды, босқа кетті.* **Зайғы қылды**. *Зая етті, құр кетірді.*

**ЗАЙДШІЛДЕР** зат. діни. *Бесінші шиит имамы Мұхаммед әл-Бәкірдің бауыры Зайд бин Әлидің есімімен байланысты аталатын шииттік ағымның бір тармағын ұстанушылар.*

**ЗАЙСАНСЕКСЕУІЛ** зат. өс. <лат. H.Ammodendron C. A. M. Bge> *Биіктігі 1–2 метрге дейін жететін бұталар.*

**ЗАЙЫ: зайы болды.** *Текке кетті.*

**ЗАЙЫҒ** [ар. ضيع ] сын. *Қайран, есіл.*

**ЗАЙЫҒЫ** [ар. ضيع ] үст. *Зая, құр, бос, тек.*

**Зайығы болды.** *Босқа кетті.*

**ЗАЙЫҚАТТЫ** сын. көне. *Зейінді, ынталы.*

**ЗАЙЫП** [ар. ضعيف] зат. **1.** *Отбасын құрған екі адамның әйел жыныстысы; ер адамның өмірлік таңдап алған жары, қосағы.* **2.** ауыс. стиль. *Құстың мекені.*

**ЗАЙЫПТЫ** сын. *Ерлі-зайыпты қос сөзінің сыңары; жұбайлы, жұпты.*

**ЗАЙЫПТЫҚ** зат. *Жұбайлық, жұптық.*

**ЗАЙЫПТЫЛЫҚ** зат. *Жұбайлылық, жұптылық.*

**ЗАЙЫР**[1] [ар. ظاهر] зат. жерг. *Адамшылық, адамгершілік.*

**ЗАЙЫР**[2] зат. **1.** *Мән, мағына, мәніс.* **2.** *Деңгей, дәреже, шама.*

**ЗАЙЫР**[3] [ар. ظاهر] сын. *Анық, айқын, ашық.*

**ЗАЙЫРЛАНУ=** ет. *Зайырлы мемлекетке айналу.*

**ЗАЙЫРЛЫ** сын. **1.** *Діни емес, азаматтық.* **2.** жерг. *Қайырымды, шапағатты.*

**Зайырлы қоғам.** *Діндерге еркіндік берілген, ешқандай дінге артықшылық берілмейтін, тең дәрежеде қарайтын қоғам.*

**ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *Дін мен мемлекеттің бір-біріне тәуелсіздігі.*

**ЗАКИ** [ар. زكي ] сын. жерг. *Адал, таза, ақкөңіл.*

**ЗАҚАРЛӘМПІК** зат. жерг. *Шекпен, бешпент тігетін судыраған қоңыр түсті мата.*

**ЗАҚҚҰМ** [ар.زقوم ] зат. **1.** діни. *Тозақ ағашы.* **2.** өс. *Жабайы зәйтүн.*

**ЗАҚПЫ** зат. көне. *Ортасындағы алақандай қайысқа жарты құлаш жіп байланған, тас лақтыруға арналған құрал.*

**ЗАҚЫМ** [ар. زخم] зат. **1.** *Кесір, залал.* **2.** ауыс. *Зиян, зардап; кесір, залал.* **3.** *Кемдік, кемтарлық.*

**Зақым болды**. а) *Жаралы болды, жарақаттанды.* ә) *Бұзылды, бүлінді.* **Зақымға ұшырады.** *Жарақаттанды, жараланды.* **Зақым етті**. *Жаралады, зақымдады.* **Зақым келтіру.** заң. *Жеке адамға қарсы қылмыс түрі, адамның денсаулығына зиян келтіру.* **Зақым қылды [жасады].** *Жаралады, жарақаттады, зиян қылды.* **Зақым тартты [шекті].** *Жарақаттанды, зиян тартты, залал шекті.*

**ЗАҚЫМДА=** ет. *Жаралау, зақым келтіру, зиян тигізу.*

**ЗАҚЫМДАЛ=** ет. **1.** *Жаралану, зақым келу.* **2.** *Бұзылу, сыну, майысу.*

**Зақымдалған аймақ.** әск. а) *Оқ-дәрі жарылысы орталығының айналасындағы кеңістік.* ә) *Зениттік ракеталық кешеннің зақымдау аймағы және оның айналасындағы кеңістік.* **Зақымдалған аймақтардан өту.** әск. *Әскерлердің (күштердің) ұрыстық, ұрыс алдындағы және жорықтық реттермен, жауынгерлік қабілеттіліктерін барынша орындай отырып, зақымданған және қираған өңірлерден ұйымдасқан түрде өтуі.* **Зақымдалған файл.** инф. <лат. infected file> *Компьютерлік вирус жұқтырған файл* .

**ЗАҚЫМДАЛУ** *Зақымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҚЫМДАН=** ет. **1.** *Жаралану, жарақат алу.* **2.** *Бұзылу, шіру.* **3.** *Ауыру, асқыну, дертке шалдығу.*

**Зақымдану ошағы.** әск. *Адамдары, ұрыс техникасы, көлігі мен әртүрлі мүліктерінің бәрі бактериялық залалдануға ұшыраған аумақ.*

**ЗАҚЫМДАНДЫР=** ет. *Жарақаттап алу, зақым келтіру.*

**ЗАҚЫМДАНДЫРУ** *Зақымдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҚЫМДАНУ** *Зақымдан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарақаттану, ауыру.* **2.** *Бұзылу, шіру.*

**Зақымдану аумағы.** әск. *Улағыш, радиоактивтік заттардың, әскери биологиялық құралдардың уландырушы әсері жайылған жер, орын.* **Зақымдану тығыздығы.** әск. *Зақымданған ауданның (беттің) бір өлшеміне келетін улағыш заттардың мөлшері, химиялық жағдайды сипаттайтын факторлардың бірі.*

**ЗАҚЫМДАУ** *Зақымда етістігінің қимыл атауы; зақым келтіру.*

**ЗАҚЫМДАУШЫ** зат. *Зақым келтіруші, зиянын тигізуші.*

**ЗАҚЫМДАУЫШ** зат. ақпар. *Басқа бағдарламалар мен файлдарға өз көшірмесін автоматты түрде кірістіре отырып, файлдарды бүлдіретін компьютерлік шағын бағдарлама немесе макрос.*

**ЗАҚЫМДЫ** сын. *Зақымданған, зақым келген.*

**ЗАҚЫМ-ЗАРДАП** зат. *Зиян, теріс әсер, кесір.*

**ЗАҚЫМЕТ** зат. көне. сөйл. ***Зақым.***

**Зақыметке ұшырау.** *Зақымдану, зақым алу, жарақат алу.* **Зақыметке шалдығу.** *Зақымдану, дертке ұшырау, кеселге шалдығу.*

**ЗАҚЫМЕТТЕЛ=** ет. *Зақымдалу, жарақаттану.*

**ЗАҚЫМЕТТЕЛУ** *Зақыметтел етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҚЫМЕТТІ** сын. *Зақымды, зақымданған, жаралы.*

**Зақыметті болды.** *Зақыметке ұшырады, зақымдалды, дертке шалдықты.*

**ЗАҚЫМСЫЗ** сын. *Зақым тимеген, зақымдалмаған.*

**ЗАЛ** зат. сәулет. **1.** *Көпшіліктің жиналуына арналған үлкен бөлме, қоғамдық орын.* **2.** *Жекеменшік үйлердегі қонақ қабылдайтын кең бөлме.*

**ЗАЛАЛ** [ар. ضرر] зат. **1.** *Зиян, зарар, кесір.* **2.** құқық. *Азаматтық құқық бойынша бір жеке не заңды тұлғаға екінші бір жеке не заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекетімен келтірілген ақшалай зияны.* **3.** экон. *Шығын мен шығасының табыстан (пайдадан) асып түсуі, кәсіпорынға не жеке тұлғаға қаржылай келтірілген зиян.*

**Залал болды**. *Зияны тиді, кері әсері болды.* **Залал етті**. *Зиянын тигізді, залал келтірді.* **Залал келтірді**. *Кесірін тигізді, зиян жасады.* **Залал көрді.** а) *Зиян шекті.* ә) *Қиянат көрді.* **Залал қылды**. *Зиян келтірді, зақым қылды.* **Залал тапты.** *Зиянға ұшырады, зиян шекті, жамандық көрді.* **Залал тартты**. *Зиян шекті, зақымданды.* **Залалы жоқ**. *Зияны жоқ, залалсыз.* **Залалы тиді**. *Кесір келтірді, зияны тиді.*

**ЗАЛАЛДЫ** сын. *Зиянды, кесірі көп.*

**ЗАЛАЛДЫЛЫҚ** зат. *Зияндылық, кесірлік.*

**ЗАЛАЛКЕС** сын. *Залалын тигізетін, зиянкес.*

**ЗАЛАЛСЫЗ** сын. *Кесірі жоқ, зиянсыз.*

**ЗАЛАЛСЫЗДА=** ет. *Залалын жою, зиянын кетіру.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАН=** ет. *Зарарсыздану, зияны жойылу.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫР=** ет. *Залалсыз ету, залалын, зиянын кетіру.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ** *Залалсыздандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** мед. <лат. infestio> *Адам мен жануарларда, өсімдіктерде болатын жұқпалы ауруларды жоюға бағытталған шаралар жүйесі.* **2.** экол. *Табиғи ортаны тазарту.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Залалы, зияны жойылу, залалсыз етілу.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛУ** *Залалсыздандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАНУ** *Залалсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАЛАЛСЫЗДАУ** *Залалсызда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАЛАЛСЫЗДЫҚ** зат. *Зиянсыздық, залалы жоқтық.*

**ЗАЛЬБАНДТАР** зат. геол. *Желі болмысының кіріктіруші таужыныстарымен бүйірлік жапсарласу жазықтығы.*

**ЗАЛЫМ** [ар. ظالم ] зат. **1.** *Қу, сұм, зымиян, сұрқия адам.* **2.** *Рақымсыз, жауыз, қанышер адам.* **3.** *Қара ниет, арам адам.* **4.** психол. *Өз мүддесін көпшілік қабылдаған моральдық қағидаларға жатпайтын әдістермен қорғайтын және қанағаттандыратын адам. // Өткінші, жалған, баянсыз.*

**ЗАЛЫМДЫҚ** зат. **1.** *Қулық, сұмдық, сұмырайлық.* **2.** *Рақымсыздық, жауыздық, қанышерлік.* **3.** *Қараниеттік, арамдық.*

**ЗАЛЫШ** зат. жерг. *Тыңайған жер.*

**ЗАМАН** [ар. زمان ] зат. **1.** *Дәуір, кезең.* **2.** *Мерзім, уақыт, кез.* **3.** *Өмір сүрген уақыт.* **4.** *Халық, жұрт, ел деген мағынада.* **5.** тар. <лат. aera> *Белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, жылдар есептемесі.*

**Заман азды**. *Заман бұзылды, рухани құндылықтар жойылып, материалдық құндылықтар жоғары қойыла бастады.* **Заман да заман, заманда.** фольк. *Бұрынғы уақытта, есте жоқ, ежелгі кезде.* **Заман кешті.** *Өмір сүрді, тіршілік етті.* **Заман мұңы.** *Заманның мұң-мұқтажы, талап-тілегі.* **Заманын қайым қылды.** *Басына қара түнек орнатты.* **Заманын тар қылды [заманын тарылтты].** *Көрген күнін зар (мұң) қылды; күнін қараң етті.* **Заманының сазы.** *Кезеңнің өзіндік сипаты, ахуалы, ерекшеліктері.* **Заманың түлкі болса, тазы боп шал.** *Заманыңа*

*сай қарекет қыл, қапы қалма, заманыңа лайық алғыр бол деген мағынада.* **Заманы өтті**. *Күні, дәурені өтті, дер мезгілі өтті.*

**ЗАМАНА**[1] зат. поэт. ***Заман.***

**ЗАМАНА**[2] зат. діни. құқық. *Мұсылмандық құқықтағы кепілдік түрі; қарыз алушы қарыз берушіге қарызын уақытылы қайтара алмаған жағдайда қарыздар кісінің жауапкершілігін басқа біреудің өз мойнына алып, төлеуге міндеттенуі.*

**ЗАМАНАҚЫР** зат. сөйл. ***Ақырзаман.*** *Қиыншылығы мол, тар кезең; зобалаң шақ.*

**Заманақыр [ақырзаман] орнады.** *Дүние қараң қалды, қайғы-қасірет басты.*

**ЗАМАНАЛЫҚ** сын. *Өмір сүріп отырған заман, уақыт талаптарына сай.*

**ЗАМАНАУИ** сын. *Заманға сәйкес, үстемдік етіп отырған заңдылықтарға, орнаған тәртіпке сай.*

**ЗАМАНГЕРШІЛІК** зат. жерг. *Ауыр уақыт, қысылтаяң кез.*

**ЗАМАНҒЫ** сын. *Баяғы, өткен дәуірдегі, ертедегі; көне, ескі.*

**ЗАМАНДАЙ** сын. *Заман сияқты.*

**ЗАМАНДАС** зат. *Тұстас, заманы бір, құрбы-құрдас.*

**ЗАМАНДАСТЫҚ** зат. *Қатар өскендік, құрбы-құрдастық.*

**ЗАМАНДЫҚ** сын. *Уақыттық, кезеңдік, мезгілдік, дәуірлік, заманға сай.*

**ЗАМАНЕГЕУ** зат. бот. *Жатаған өсетін шөп.*

**ЗАМАНХАТ** зат. әдеб. *Жеке адамның тарихи оқиғалар барысындағы қызметі сарапталынып, іс-тәжірибелері замандастары мен келер ұрпаққа аманатталынатын, негізінен, өмірбаяндық оқиғалар қамтылатын әдеби шығармалар жанры.*

**ЗАМАНЫНДА** үст. *Кезінде, өз дәуірінде.*

**ЗАМАРТАС** [ир. زمرد] зат. хим. [парсы. koeq – зүмірет] *Силикаттар класына жататын берилдің жасыл мөлдір түрі; минерал.*

**ЗАМАТ** [ар. ساعة] зат. *Уақыт, кез, мезгіл, сәт. // Лезде, тез, шапшаң, жылдам.*

**ЗАМАТТА** үст. **1.** *Уақытта, кезде, мезгілде.* **2.** *Лезде, тез арада, демде.*

**ЗАМАТЫНДА** үст. сөйл. ***Заматта.***

**ЗАМҒА=** ет. *Заулау, зымырау, зыту; қатты жүгіру.*

**ЗАМҒАУ** *Замға етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАМША** зат. өс. *Күрбік қауынның бір сорты.*

**ЗАМШЫ** зат. *Жұмсақ иленген бұлан не бұғы терісі; күдері. // Замшыдан жасалған, замшыдан тігілген.*

**ЗАНДР** [исл. sander] зат. геогр. *Ежелгі мұздық суларындағы құм, тас шөгінділерінен жасалған жазықтықтар.*

**ЗАНДРЛЫ** сын. геогр. *Зандрлар пайда болған.*

**ЗАНТАЛАҚ** сын. жерг. *Бұзылған, оңбаған.*

**ЗАНТЕКТІ** сын. *Жылтыр қара.*

**ЗАҢ** зат. **1.** филос. *Ақиқат болмыстың, өмірдің, заттардың, құбылыстардың немесе үдерістердің елеулі сипаты бар, белгілі қалыпта көрінетін өзара байланыстылығы, олардың бір-біріне тәуелділігі; заттардың, құбылыстардың, үдерістердің жалпы байланысының, яғни заңдылықтардың мәнін түсіндіретін философиялық категория.* **2.** заң. *Мемлекеттің ең жоғарғы өкімет органдары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы-қарарлар; декрет.* **3.** *Қалыптасқан белгілі бір тәртіп, жүйе.* **4.** *Белгілі бір ғылым саласына тән, үнемі қайталанып отыратын, реттелген, қалыптанған жүйе.* **5.** ауыс. *Орындалуы шарт, міндетті іс.* **6.** ауыс. *Әдет-ғұрып, салт-сана.* **7.** ауыс. *Үлгі, өнеге.*

**Заң актісі.** құқық. *Белгілі бір құқықтық салдар туғызатын, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған жазбаша ресми құжат.* **Заң берді.** *Тәртіп орнатты, заң шығарды.* **Заң бойынша.** *Заңға сәйкес, заң баптарына сай.* **Заң [құқық] бұзылу.** ресми. *Мемлекет тарапынан қорғалатын ахлақ нормалары мен нұсқаулардың орындалмауы, олардан ауытқуы.* **Заңға томпақ.** *Қағидаға сай келмейтін, керегар, қайшы.* **Заң ғылымы.** құқық. *Құқықтық- әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі ретінде зерделейтін және құқықты қолдану қызметінің алуан түрлі қырларын зерттейтін қоғамдық ғылым.* **Заң жобасы.** құқық. *Елдегі заң шығарушы органның қарауы немесе бүкілхалықтық референдумға салу үшін әзірленген заңның қабылдауға ұсынылатын мәтіні.* **Заң жүзінде**. *Заң бойынша, заңға сәйкес.* **Заң жүзіндегі конституция.** құқық. *Әлеуметтік қатынастар шеңберін реттейтін құқықтық нормалардың айқындалған жүйесі.* **Заң кеңесі.** *Жұртшылыққа заң көмегін көрсету жұмысын ұйымдастыру үшін құрылатын адвокаттар ұжымы.* **Заңның кері күші.** құқық. *Заңды ол күшіне енгенге дейін болған оқиғаларға қатысты қолдану.* **Заң органдары.** *Заң шығарушы билік, мекеме.* **Заң орны.** *Күнделікті өмірде мемлекет заңдарының сақталуын қадағалайтын мекеме.* **Заң шығару бастамасы.** құқық. *Елдегі заң шығарушы органның қарауына белгіленген рәсімдемеге сәйкес заң жобасын ресми түрде енгізу құқығы; заң шығару процесінің алғашқы сатысы.* **Заң шығарушы билік.** саяси. *Заң шығарумен, бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысатын билік, парламент.* **Заң шығарушы орган.** құқық. *Конституция бойынша елдегі заң шығарушы билікті жүзеге асырудың негізгі міндеті жүктелген мемлекеттік өкілетті алқалық орган.*

**ЗАҢГЕР** зат. <нем. Jurist> *Заң ғылымдарын меңгерген маман.*

**ЗАҢГЕРЛІК** зат. *Заңгер мамандығы, заңгер болушылық.*

**ЗАҢҒАР**[1] сын. **1.** *Зәулім, биік.* **2.** ауыс. *Зор, үлкен, мықты.* **3.** ауыс. *Өте қадірлі, парасатты, ақыл иесі.* **4.** ауыс. *Тау, шың.* **5.** ауыс. *Асқақ, терең, ұлы.*

**Заңғар көк.** поэт. *Аспан, зеңгір көк.* **Заңғар тау.** поэт. *Биік тау, асқар шың.* **Заңғар тұтты.** *Қадірледі, құрметтеді.* **Заңғар шың.** поэт. *Биік асу.*

**ЗАҢҒАР**[2] сын. жерг. **1.** *Жексұрын, оңбаған, жауыз.* **2.** *Аңқау, ашық ауыз.*

**ЗАҢҒАРДАЙ** сын. *Биік, зәулім.*

**ЗАҢҒАРЛАН=** ет. *Биіктеу, ұлғаю, зораю.*

**ЗАҢҒАРЛАНУ** *Заңғарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҢҒАРЛЫ** сын. *Зәулім, биік.*

**ЗАҢҒАРЛЫҚ** зат. *Биіктік, зәулімдік.*

**ЗАҢДАН=** ет. *Әдеттену, әдет алу.*

**ЗАҢДАНДЫР=** ет. *Заңға сыйдыру, заңға сәйкестендіру.*

**ЗАҢДАНДЫРУ** *Заңдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҢДАНДЫРУШЫ** зат. *Заңға айналдырушы, заңға сәйкестендіруші.*

**ЗАҢДАС=** ет. *Заңға жүгіну, заңға сүйеніп дауласу, соттасу.*

**ЗАҢДАС** сын. жерг. *Ұқсас, тектес.*

**ЗАҢДАСТЫР=** ет. *Заңға сәйкес келтіру, заңға сыйдыру.*

**ЗАҢДАСТЫРУ** *Заңдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҢДАСУ** *Заңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАҢДЕМ** зат. көне. *Үй орнына пайдаланылатын жұпыны баспана, лашық.*

**ЗАҢДЫ** сын. **1.** *Заңға сәйкес келетін, заңға үйлесімді.* **2.** *Орынды, даусыз.*

**Заңды билік.** *Дәстүрге негізделген ықпал.* **Заңды жауапкершілік.** құқық. *Заңды тұлғаны немесе жеке тұлғаны кейбір әрекеттерді орындауға немесе оларды орындаудан қалыс қалуға заңмен мәжбүрлеу шарасы; заңи жауапкершілік.* **Заңды құзырет.** құқық. <лат. jurisdictio> *Тиісті сот не өкім шығаратын органдардың құқықтық дау-дамайларды шешіп, құқық бұзушылық туралы істерді қарауына, яки тұлғаның не басқадай құқық субъектісінің әрекеттерін заңдылық тұрғысынан бағалап, тәртіп бұзушыларға заң бойынша шаралар қолдануына қатысты уәкілеттерінің жиынтығы.* **Заңды мерзім.** *Қаржы құқығында заңмен белгіленген мерзім.* **Заңды өкіл.** құқық. *Әрекетке қабілеттілігі жоқ немесе шектеулі болмаса әрекетке қабілетті бола тұра, өзіне тән жағдайының (қартаюының, сырқатының) салдарынан өзінің құқықтары мен міндеттерін дербес жүзеге асыра алмайтын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңның күшімен барлық мекемелерде, соның ішінде сотта қорғауға қатысатын адам.* **Заңды тұлға.** құқық. *Заң бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттердің субъектісі болып табылатын кәсіпорын, мекеме, ұйым, фирма т.б.* **Заңды тұлғалар бірлестігі.** экон. *Қоғамдық өзара қатынастардың түрлі деңгейлерінде заңды тұлға топтарының мүдделерін білдіретін коммерциялық емес ұйымдар.* **Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу.** *Мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап құрылған деп есептелетін заңды тұлғаның құқықтық қабілетінің пайда болу сәті.* **Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы.** экон. *Шамасы төлемшілер мүлкінің құнына байланысты анықталып, нақты тікелей салынатын салық.* **Заңды тұлғаның орналасқан мекені.** *Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уағдаласылған белгілі бір географиялық нүктеге «орналасқанын» білдіретін заңды шарт.* **Заңды тұлғаның таратылуы.** *Заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуы.* **Заңды түсіндіру.** құқық. *Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, жекелеген азаматтардың жұмыс мазмұнын айқындауға бағытталған қызметі.*

**ЗАҢДЫҚ** зат. сөйл. ***Заңдылық.***

**ЗАҢДЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ** сын. *Заңдастырылған, заңды.*

**ЗАҢДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір заң жүйелері, заңдар жиынтығы; заңға сай.* **2.** *Қағидаға, заң баптарына сай болу; қалыптасқан құбылыс.*

**Заңдылықты бұзды.** *Жүйелі түрде көрініп, қайталанып отыратын қалыптасқан тәртіптен, бір нәрсенің не құбылыстың қалыпты жайынан ауытқыды, оған қайшы келді.*

**ЗАҢ-ЗӘКҮН** зат. сөйл. *Заңдар мен ережелердің жалпы жиынтығы.*

**ЗАҢИ** сын. *Заң туралы.*

**ЗАҢҚОЙ** сын. *Заң айтқыш, заңшыл, заң қуушы.*

**ЗАҢҚОР** сын. *Заңқой, заңшыл.*

**ЗАҢҚЫ** сын. жерг. *Мыстан, жалмауыз.*

**ЗАҢНАМА** зат. құқық. *Мемлекеттегі өкілетті заң шығарушы органдар қабылдаған нормативтік актілер (көбінесе, заңдар) кешені; сол мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, отбасылық т.б. қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.*

**ЗАҢНАМАЛЫҚ** сын. *Заңдарға сәйкес, заңда көрсетілген, заңды.*

**Заңнамалық база.** *Нормативтік актілер мен құқықтық нормалар бойынша жасалған жиынтық қор, негіз.*

**ЗАҢСЫЗ** сын. *Заңға қайшы, заңға сай емес.*

**Заңсыз кәсіпкерлік.** *Кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өткізбей, не рұқсат (лицензия) алу міндетті болған жағдайларда арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру.* **Заңсыз ұстау.** құқық. *Сот билігіне қарсы қылмыс.*

**ЗАҢСЫЗДЫҚ** зат. *Заңға қайшылық, заңға сай еместік.*

**ЗАҢТАНУ** зат. *Құқықтық-әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі ретінде зерделейтін*

*және құқықты қолдану қызметінің алуан түрлі қырларын зерттейтін қоғамдық ғылым.*

**ЗАҢШЫ** зат. сөйл. ***Заңшыл***.

**ЗАҢШЫҒАРУШЫЛЫҚ** зат. *Заң шығарумен айналысушылық.*

**ЗАҢШЫЛ** сын. **1.** *Заңды жақсы білетін, заңқой.* **2.** *Заңды жақтаушы; әділ, турашыл.*

**ЗАПАЛ** ор. зат. әск. *Жарылатын заттарға от беретін тетік; тұтандырғыш, оталдырғыш.*

**ЗАПАЯ** зат. жерг. ***Азап.***

**ЗАП-ЗАЙЫР** сын. *Ап-анық, айқын.*

**ЗАПЫ** [ар. ضعف ] сын. *Зәрезап, запыс, мезі, ығыр.*

**Запы болды**. *Ығыр болды, мазасы кетті, зықысы шықты.* **Запы етті**. *Зықысын шығарды, ығыр қылды.* **Запы көрді**. *Запы шекті, қорлық көрді.* **Запы қылды**. *Запы етті, зықысын шығарды.* **Запысы шықты**. *Жалықты, ығыр болды.* **Запы шекті**. *Қорлық көрді, азап шекті.*

**ЗАПЫЛЫҚ** зат. *Запы болғандық, запы шеккендік.*

**ЗАПЫРАН**[1] зат. **1.** *Асқазанда болатын ащы, сарғылт түсті сұйық зат.* **2.** ауыс. *У, зәр, ащы.* **3.** ауыс. *Ыза, ашу, кек.* **4.** ауыс. *Мұң, шер, қайғы, құса.*

**Запыран зәрін құйды.** *Қайғы, дерт уын құйды, қайғыға батырды.*

**ЗАПЫРАН**[2] [ар. زعفران ] зат. өс. *Ерекше иісті сары гүл.*

**ЗАПЫРАНГҮЛ** зат. өс. сөйл. ***Запыран***[2].

**ЗАПЫРАНДАЙ** сын. *Ащы, удай.*

**Запырандай сарғайды [солды].** *Сарғайып, сары уайымға салынды, запыран гүлдей солды.*

**ЗАПЫС**: **запыс болды**. *Ығыр болды, жүрегі шайлықты.*

**Запыс көрді**. *Қорлық көрді, запы шекті.* **Запыс қылды**. *Ығыр қылды, мазасын алды.* **Запыс шекті**. *Қорлық көрді, азап шекті.*

**ЗАР**[1] [ар. زار ] зат. *Қайғы, қасірет, мұң, шер, уайым.*

**Зар [зарын] айтты**. *Іштегі шерін шығарды, мұңын шақты.* **Зар болды.** *Зәру болды, зарықты.* **Зар еңіреді**. *Зар жылады, еңірегенде етегі жасқа толды.* **Зар еңіретті.** *Зар жылатты, зарлатты, қорлады.* **Зар етті.** а) *Жалынып-жалбарынды, жалына өтінді, зарланды.* ә) *Зәру қылды, мұқтаж етті.* **Зар жақ.** а) *Аузының дамылы жоқ, сарнауық, сөзуар.* ә) *Жылауық (адам, бала), безілдеуік (мал төлі).* **Зар жұтты.** *Қапаланды, қасірет шекті, қайғырды; зарықты.* **Зар жылады**. *Зар еңіреді, зар қақты, зар иледі.* **Зар иледі**. а) *Зар қақты, зар қақсады, безілдеді.* ә) *Зар еңіреді, зар жылады.* **Зар кешті**. *Зар еңіреді, зар қақсады.* **Зар қақсады**. а) *Зар қақты, зар иледі. // ә) Боздады.* б) *Сарнады, қақсады; көп сөйледі.* в) *Сай-сүйегі сырқырап, қатты ауырды.* **Зар [қан] қақсаттырды.** *Зар илетті, зар жылатты.* **Зар қақты.** а) *Азар да безер болды, жанын қояр жер таппады.* ә) *Зарлады, жылаңқыланды.* **Зар құшты**. *Зар жұтты, қасірет шекті.* **Зар қылды**. *Зарлатты, зар жылатты, шарқ ұрып, жалынып, жалбарынды.* **Зармен қауышты.** *Азап шекті, көп қиындық көрді.* **Зар салды**. *Зар айтты, дауыс қылды, зарлады.* **Зар сәргәрдан.** ескі кіт. *Құсаланып, қайғы кешкен мұңлық, жан серігінен айырылған, сергелдеңге түскен адам.* **Зар [зарын] төкті**. *Қайғы-қасіретін айтты, мұңын шақты.* **Зар тұтты**. *Зар еңіреді, зар жылады.* **Зар ұрды**. *Зар жылады, зар қақты.* **Зар шекті**. а) *Қайғы-қасірет тартты, азап шекті.* ә) *Зар иледі, зар еңіреді.* **Зарын көрді**. *Зардабын тартты, азабын көрді.* **Зарын тартты**. *Азабын шекті, тауқыметін көрді.* **Зарын шақты**. *Зарын айтты, мұңдасты, мұңын шақты.* **Зары өтті**. *Зардабын көрді, қадірі, қорлығы өтті.*

**ЗАР**[2] сын. *Ділгір, мұқтаж; ынтық, зәру, құштар.*

**Зар болды**. *Зәру, мұқтаж болды, ынтықты, қолы жетпеді.* **Зар етті [қылды].** а) *Жалбарына тіледі, жалына өтінді.* ә) *Зәру қылды, мұқтаж етті.* **Зар иледі.** *Еңіреді, боздады, зар қақты, безілдеді.* **Зар илетті.** *Еңіретті, зар қақтырды, безілдетті.*

**ЗАР**[3]**: зар күйі.** саят. *Бүркіттің, қыран құстың әбден бабына келіп аңға түсетін кезі.*

**ЗАР**[4] сын. жерг. *Жұпар, хош иіс.*

**ЗАРАДАЙ** [ар. ذرة ] сын. жерг. *Зәредей, титтей, болмашы.*

**ЗАРАЗАП** зат. сөйл. ***Зәрезап*** *(ығыр, мезі, запыс).*

**Заразап болды**. *Запы болды, ығыры шықты, мезі болды; жүрегі шайлықты.* **Заразап қылды [етті]**. *Ығыр етті, мезі қылды.*

**ЗАРАР** [ар. ضرر ] зат. *Залал, зиян.*

**Зарар болды**. *Зиян болды, кесірі тиді.* **Зарар қылды [келтірді]**. *Кесірі тиді, зиян келтірді.* **Зарар тигізді [зарары тиді].** *Зиян тигізді, залал келтірді.* **Зарарын білді.** *Зиян тигізетінін білді, сезді.* **Зарарын көрді.** *Зиянын көрді.*

**ЗАРАРАТ** [ар. ضررات ] зат. *Залал, зиян, зарар.*

**ЗАРАРГЕР** зат. *Залалкес, зияны көп, зарар тигізетін адам.*

**ЗАРАРЛАН=** ет. *Зияндану, залалдану, зардап шегу.*

**ЗАРАРЛАНДЫР=** ет. ***Залалдандыр***.

**ЗАРАРЛАНДЫРУ** *Зарарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРАРЛАНУ** *Зарарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРАРЛЫ** сын. *Зиянды, залалды.*

**ЗАРАРЛЫЛЫҚ** зат. *Зияндылық, залалдылық.*

**ЗАРАРСЫЗ** сын. *Залалсыз, зиянсыз, кесірсіз.*

**Зарарсыз қылды**. *Зиянын тигізбейтіндей етті, залалсыздады.*

**ЗАРАРСЫЗДАН=** ет. *Зиянсыздану, залалсыздану.*

**ЗАРАРСЫЗДАНДЫР=** ет. *Залалсыздандыру, зиянын жою.*

**ЗАРАРСЫЗДАНДЫРҒЫШ** сын. *Залалды жоятын, зиянды заттардың әсерін тоқтататын.*

**ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ** *Зарарсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРАРСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Залалсыздандырылу, зияны жойылу.*

**ЗАРАРСЫЗДАНДЫРЫЛУ** *Зарарсыздандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРАРСЫЗДАНУ** *Зарарсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРАРСЫЗДЫҚ** зат. *Зиянсыздық, залалсыздық.*

**ЗАРАТ** зат. жерг. *Шабылған шөптің, егіннің үйіндісі, үймек.*

**ЗАРБАП** [ир. زربافت ] зат. көне. *Зерлі мата, парша.*

**ЗАРБІ** зат. көне. ***Зарпы***[1].

**ЗАРДАЛЫ** зат. жерг. **1.** *Өріктің бұтағында пісіп тұрғаны.* **2.** *Сары өрік, кептірілген өрік .*

**ЗАРДАП** [ир. زرداب ] зат. **1.** *Әсер, салдар.* **2.** *Кесір, зиян; қырсық, кесел.*

**Зардабын тартты**. *Азабын көрді, бейнетін шекті.* **Зардабы өтті**. *Зары өтті, қорлығы өтті.* **Зардабы тиді [зардабын тигізді]**. *Кесір келтірді, зияны тиді.* **Зардап [зардабын] шекті**. *Азап көрді, зиян шекті.*

**ЗАРДАПСЫЗ** сын. *Ешқандай кесірсіз, зиянсыз.*

**ЗАРДАПТАН=** ет. *Зардабы тию, зияндану.*

**ЗАРДАПТАНУ** *Зардаптан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРДАПТЫ** сын. *Зиянды, кеселді, кесірлі.*

**Зардапты коктар**. биол. *Шар тәрізді аэробты немесе факультативті аэробты, қозғалмайтын, спора түзбейтін бактериялар.* **Зардапты саңырауқұлақтар**. бот. *Өсімдіктерде, жануарларда, адамда паразитті тіршілік ететін саңырауқұлақтар.*

**ЗАРДАПТЫЛЫҚ** зат. биол. *Микроорганизмдердің белгілі бір түрінің жұқпалы ауру туғызып, дертке шалдықтырғыштығы.*

**ЗАРЖАҚ** сын. **1.** *Көп сөйлейтін, аузы тынбайтын, сөзуар.* **2.** ауыс. *Мазасыз, тынымсыз.*

**Заржақ бота.** *Енесін емсе де, ембесе де боздай беретін бота.* **Заржақ қой.** *Үнемі қозысын іздеп, жағы сембей маңырайтын, отарын іздей беретін қой.*

**ЗАРЖАҚТАН=** ет. *Ауыз жаппай сампылдап сөйлеу, қақсау, сарнау.*

**ЗАРЖАҚТАНУ** *Заржақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЖАҚТЫҚ** зат. *Заржақ болушылық, сөзуарлық.*

**ЗАРЖОЛДЫ** сын. *Жолы ауыр, жолы болмайтын.*

**ЗАРЗАМАН** зат. тар. **1.** *Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған кезеңі.* **2.** *Қайғылы, қасіретті, қиын уақыт.*

**Зарзаман ақындары**. әдеб. *Зарзаман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зарымен жырлаған ақындар шоғыры.*

**ЗАРИН** зат. форм. *Сал болушылыққа әкелетін улы зат, түссіз сұйықтық.*

**ЗАРҚЫН** зат. өс. <лат. arnebia> *Айлауықтар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЗАР-ЗАР** елік. *Зарылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зар-зар етті**. а) *Зарылдады, зарылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Зар жылады.* **Зар-зар жылады.** *Ұдайы еңіреп жылады, көз жасын төкті.* **Зар-зар қақты**. а) *Еңіреп, үздіксіз шырылдады.* ә) *Бажылдап безілдеді.*

**ЗАРКЕНЕ** [ор. хвойник двуколосковый] зат. өс. *Қылшаның бір түрі.*

**ЗАРҚЫН** [ор. зарнебия] зат. өс. *Айлауықтар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдік. Шөл жерлерде, құмдарда, таудың тасты беткейлерінде өседі. Биіктігі 10-30 см-дей, сабағы, бұтақтары түкті келеді. Жапырақтары кезектесіп орналасады. Гүлдері түтікше тәрізді, түсі күлгін, қызғылт, сары болады.*

**ЗАРЛА=** ет. **1.** *Қақсау, сарнау, қайта-қайта айта беру. // Егілді, зарлады, боздады.* **2.** *Мұңшерін айтып жылау; зар еңіреу.* **3.** *Қобыздың, сыбызғының зарлы үн, дыбыс шығаруы.* **4.** *Жоқтау, қайғылану, күңірену.* **5.** жағымсыз. *Жоқтан басқаны айтпай, зар қағу.*

**Зарлаған дауыс.** *Зар илеген, денені түршіктірген дауыс.* **Зарлап қалды**. *Зар жылап қалды.* **Зарлап өтті.** *Мұңын, шерін айтып, жылап кетті, қайғы жұтып, зар еңіреді.*

**ЗАРЛАН=** ет. **1.** *Зар еңіреу, жылау.* **2.** *Мұңын шағу.* **3.** *Зар болу, мұқтаж болу.* **4.** *Зар қақсау, зарлау.*

**ЗАРЛАНДЫР=** ет. *Қайғы жұтқызу, уайым шектіру.*

**ЗАРЛАНДЫРУ** *Зарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЛАНТ=** ет. *Зарлы ету, зарлы үн шығару.*

**ЗАРЛАНТУ** *Зарлант етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЛАНУ** *Зарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЛАНУШЫ** зат. *Зарлай беруші, зар айтушы.*

**ЗАРЛАНУШЫЛЫҚ** зат. *Зарлай берушілік, зар айтушылық.*

**ЗАРЛАТ=** ет. **1.** *Зар еңірету, жылату.* **2.** *Зар қақсату, зар қақтыру.* **3.** *Зырылдау.* **4.** *Сыбызғы, қобыз безілдету.*

**ЗАРЛАТТЫР=** ет. *Қақсатып, зарлатып қою.*

**ЗАРЛАТТЫРУ** *Зарлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЛАТУ** *Зарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЛАУ** *Зарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зар еңіреу, жылау.* **2.** *Зар қақсау, зар илеу.* **3.** *Қайғы жұту, ішқұса болу.*

**Зарлау болды**. ж е р г. *Зарлы болды, кемтарлық көрді.*

**ЗАРЛАУШЫ** з а т. *Жылаушы, еңіреуші.*

**ЗАРЛАУЫҚ**[1] с ы н. **1.** *Қақсауық, сарнай бергіш.* **2.** *Зар айтқыш, зарлай бергіш.*

**ЗАРЛАУЫҚ**[2] з а т. к ө н е. с ө й л. *Жаттап оқу тәсілі.*

**ЗАРЛЫ** с ы н. **1.** *Қасіретті, мұңды, шерлі (адам).* **2.** *Зәру, зәрлі, кенде, зар.* **3.** *Зарға толы, мұңды, қайғылы, жан тебірентерлік.* **4.** *Жан түршігерлік.* **5.** *Зар мен мұңға толы, қайғылы (дауыс, үн).*

**Зарлы қылды**. *Бейшара күйге түсірді, сорлы етті, сорын қайнатып, өзін зарлатты.* **Зарлы [зар] үн.** *Қаралы дауыс.*

**ЗАРЛЫҚ** з а т. к ө н е. **1.** *Мұң-зар, қайғы-қасірет.* **2.** *Мұңлы, шерлі адам, қайғылы жан.*

**Зарлығын айтты**. *Зарын айтты.* **Зарлық етті [қылды].** *Зарын айтты, мұңын шақты.* **Зарлық тартқызды.** *Зарын тартқызды.*

**ЗАР-МҰҢ** з а т. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.*

**ЗАР-НАЛА** з а т. *Жалбарыныш.*

**ЗАРП** [ар. ضرب]: **зарп ұрды.** *Теуіп тастады.*

**ЗАРПЫ**[1] [ар. ضرب] з а т. *Соққы, күшті әсер.*

**ЗАРПЫ**[2] з а т. к ө н е. ***Зардап.***

**ЗАРПЫ**[3] з а т. к ө н е. *Атағы, даңқы, дабысы.*

**ЗАР-СӘРГӘР** [ир. زار سرگردان] з а т. *Зар-мұң.*

**ЗАРСЫЗ** с ы н. *Мұңсыз, шерсіз, зары жоқ.*

**ЗАРУАТ** с ы н. к ө н е. ***Зәру.***

**ЗАРУРАТ** [ар. ضرورة] с ы н. ж е р г. *Зәру, мұқтаж.*

**ЗАРШЫ** з а т. *Зар айтушы.*

**ЗАРЫҒУ** *Зарық етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЫҚ=** е т. **1.** *Зар болу, аңсау.* **2.** *Сағыну, тағаты таусыла күту, сарғая тосу.* **3.** *Тарығу, мұқтаж болу.*

**ЗАРЫҚТЫР=** е т. **1.** *Сағындыру.* **2.** *Тостыру, күттіру.* **3.** *Мұқтаж ету, тарықтыру.*

**ЗАРЫҚТЫРУ** *Зарықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЫП** з а т. ж е р г. *Зардап, салдар.*

**ЗАРЯД** з а т. **1.** *Атылатын не жарылатын құралға от беретін зат; дәрі.* **2.** ф и з. *Белгілі бір денедегі, заттағы электр қуаты.* **3.** а у ы с. *Күш-қуат.*

**Заряд картузы**. ә с к. *Артиллерия мен мина атқыштан атылатын дәрі зарядының дорбасы.* **Зарядтау қондырғысы**. т е х. *Электрлік аккумуляторларды зарядтауға арналған қондырғы.* **Зарядтың сақталу заңы**. ф и з. *Кез келген тұйық жүйенің (электрлік оқшауланған) электр зарядтарының алгебралық қосындысының өзгермейтіндігі (сол жүйе ішінде қандай да бір процестер жүрсе де) туралы табиғаттың іргелі нақты заңдарының бірі.*

**ЗАРЯДТА=** е т. **1.** *От беру, оқтау.* **2.** *Белгілі бір денеге электр қуатын ендіру, заряд беру.*

**ЗАРЯДТАЛ=** е т. *Заряд алу.*

**ЗАРЯДТАЛУ** *Зарядтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЯДТАН=** е т. *Заряд, от алу.*

**ЗАРЯДТАНУ** *Зарядтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАРЯДТАУ** *Зарядта етістігінің қимыл атауы.*

**Зарядтау стансасы**. к е н. а) *Кен қазбаларында, шахта немесе кеніш үстіне орналасқан, электровоздардың аккумулятор батареяларын зарядтауға арналған электр қондырғысы.* ә) *Кеніштік ауатасуыштардың баллондарын жоғары қысымды арнайы компрессордан сығылған (қысым 14,7-19,6 Мпа) ауамен толтыратын кен қазбаларындағы орын.*

**ЗАРЯДТЫ** с ы н. *Зарядталған, заряды бар.*

**Зарядты бөлшек үдеткіштері**. ф и з. *Электр өрісінде үдету арқылы энергиясы жоғары зарядталған бөлшектерді (электрондарды, протондарды, атом ядроларын, иондарды т.б.) алуға арналған құрылғы.*

**ЗАРЯДТЫҚ: зарядтық жұптылық**. ф и з. *Электрмагниттік не күшті өзара әсерлерден пайда болған процестердегі шын бейтарап бөлшектердің (немесе бөлшектер жүйесінің) қалпын сипаттайтын кванттық сан.*

**Зарядтық түйіндестік**. ф и з. *Қандай да бір өзара әсерге қатысатын барлық бөлшекті олардың өздеріне сәйкес антибөлшекпен ауыстыратын амал (операция).*

**ЗАТ**[1] з а т. **1.** *Табиғаттағы барлық ірілі-ұақты, жанды-жансыз нәрселер.* **2.** *Адамның күнделікті тұрмысына қажетті керек-жарақтары; дүние, мүлік, бұйым.* **3.** ж а р а т ы л ы с т а н у. *Тыныштық массасы мен кеңістікте шектелген пішімі бар бөлшекті нысандардың (атом, молекула, ион, денелер) жиынтығын білдіретін негізгі физикалық ұғым.* **4.** ф и л о с. *Салыстырмалы түрде басқа нәрседен тәуелсіз, орнықты жеке бір нәрсе, дене, адам іс-әрекетінің құралы.* **5.** қ ұ қ ы қ. *Мүліктік құқық қарым-қатынасындағы негізгі нысан.* **6.** а у ы с. *Табиғи жаратылыс.* **7.** а у ы с. *Бір нәрсенің негізі, мәні, мағынасы, мазмұны.*

**Зат алмасу.** б и о л. *Ағзада жүріп жататын барлық химиялық процестердің жиынтығы.* **Зат алмасу бұзылды.** б и о л. *Ағзадағы химиялық процестер қалыпты күйінен ауытқыды, өзгеріске ұшырады.* **Зат есім.** л и н г в. *Заттың, нәрсенің атын білдіретін сөз табы.* **Зат етпейді.** ж е р г. *Ештеңе етпейді, дәнеңесі кетпейді, түк те қылмайды.* **Затқа құқық**. э к о н. *Нысаны зат болып табылатын азаматтық құқық.* **Заттардың теңдестігі**. г е о л. *Түп таужыныстар мен олардың әртүрлі өзгерістерге ұшырауы нәтижесінде қалыптасқан жаңа таужыныстар (метаморфтық таужыныстар, метасоматиттер) арасындағы қарым-қатынастарды сипаттайтын мөлшерлік шама.* **Заттың агрегаттық күйі.** ф и з. *Бір заттың әртүрлі күйі.*

**ЗАТ**[2] з а т. *Ұлты, тегі, руы, нәсілі.*

**Заты басқа**. *Ерекше, бөлекше, өзгеше, табиғаты бөлек.*

**ЗАТ**[3] з а т. *Араб әліпбиіндегі «з» дыбысының айтылуы.*

**ЗАТ**[4] с ы н. *Текті, есті, жақсы.*

**ЗАТБЕЛГІ** з а т. э к о н. <франц. etiguette> *Тауар белгісі; тауардың салмағы, мөлшері, бағасы көрсетілген таңба; тауар туралы арнаулы мәліметтер көрсетілген жапсырма парақша.*

**Затбелгі қағаздары**. т а м а қ. *Кәмпит орауға арналған қағаздар.*

**ЗАТВОР** ор. з а т. ә с к. *Мылтық, автомат сияқты қарулардың патронды бекітіп тұратын тетігі.*

**ЗАТДЕРЕК** з а т. л и н г в. ж а ң а. *Сөзбен немесе басқа да белгілермен таңбаланушы зат, құбылыс, денотат.*

**ЗАТДЕРЕКТІК** с ы н. *Таңбаланушы затқа, құбылысқа тән, соларға қатысты.*

**Затдеректік мағына**. л и н г в. *Атаудың семантикалық өрісінің құрамдас бөлігі.*

**ЗАТИЯ** [ар. ذاتية] с ы н. е с к і. к і т. *Өзіне тән, өзіне лайық, негізгі.*

**ЗАТҚАПШЫҚ** з а т. *Әртүрлі заттар салып, алып жүруге арналған ыдыс, дорба.*

**ЗАТҚҰМАР** с ы н. *Дүниеге, затқа қызыққыш.*

**ЗАТСЫЗ**[1] с ы н. *Ешбір нәрсесіз, дүние-мүліксіз.*

**ЗАТСЫЗ**[2] с ы н. *Тексіз, жетесіз, намыссыз; жаман, нашар.*

**ЗАТСЫЗДЫҚ**[1] з а т. *Ешбір заты жоқтық; мүліксіздік.*

**ЗАТСЫЗДЫҚ**[2] с ы н. *Тексіздік; жамандық, нашарлық.*

**ЗАТТАЙ** с ы н. **1.** *Зат сияқты.* **2.** *Зат түрінде; ақшалай емес.*

**Заттай дәлелдеме**. з а ң. *Қылмыстық іс жүргізуде – қылмыс құралдары ретінде пайдаланылған не қылмыстың ізі сақталған немесе қылмыстық әрекеттердің нысандары болған заттар, қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзгедей құндылықтар; қылмысты табуға, нақты мән-жайларды анықтауға, кінәлілерді табуға не айыптауды жоққа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар.* **Заттай мүлік.** ә с к. *Жеке қолданымдық (нысанды киім, жабдық заттары, айырым белгілері және т. б.) мүкәммалдық (төсек-орын жабдықтары, десанттық және ұшқыш-техникалық киім-кешек, арнайы және жылы киім, шатырлар және т. б.), арнайы мақсаттарға арналған күнделікті жабдықтар, жинақ қоры және жұмсалмайтын қор, заттық мүліктер.*

**ЗАТТАН=** е т. л и н г в. *Заттық мағынаға ие болу, субстантивтену.*

**ЗАТТАНУ** *Заттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАТТАҢБА** з а т. э к о н. *Тауарға жапсырылған құлақша; этикетка.*

**ЗАТТАҢБАЛЫҚ** с ы н. *Заттаңбаға қатысты.*

**Заттаңбалық баға**. э к о н. *Тауарға жапсырылатын заттаңбаға (құлақшаға) жазылатын бөлшек сауда бағасы.*

**ЗАТТАС** с ы н. *Заты бірдей, тектес; мұңдас.*

**ЗАТТЕК: заттектердің суда шоғырлануы**. х и м. *Су массасының (не көлемінің) бір өлшемінде болатын заттек мөлшері.*

**ЗАТТЫ**[1] с ы н. **1.** *Текті, қасиетті; жақсы.* **2.** *Атаулы, деген.*

**ЗАТТЫ**[2] с ы н. ж е р г. *Бір сөзді, уәдесіне берік.*

**ЗАТТЫҚ** с ы н. *Затқа тән, затқа қатысты.*

**Заттық жабдықтау**. ә с к. *Әскер бөлімдері мен бөлімшелерін материалдық қамтамасыз етудің бір түрі.* **Заттық құқық**. з а ң. *Нысаны зат болып табылатын субъективтік азаматтық құқық.*

**ЗАТТЫЛЫҚ**[1] з а т. *Заттық қасиет.*

**ЗАТТЫЛЫҚ**[2] з а т. ж е р г. *Әдептілік, көргенділік.*

**ЗАТШЫЛ**[1] с ы н. *Затқұмар, затқа жақын.*

**ЗАТШЫЛ**[2] с ы н. ф и л о с. т а р. *Материяны идеядан жоғары қоюшы, материалистік бағыт.*

**ЗАТШЫЛДЫҚ** з а т. *Философиядағы материализм бағыты.*

**ЗАТЫ** м о д. *Тегінде, негізінде; сірә, асылы.*

**ЗАТЫМЕН** ү с т. *Мүлде, бүтіндей.*

**ЗАТЫНДА** м о д. *Тегінде, негізінде, асылында.*

**ЗАУ** с ы н. ж е р г. *Зәулім, биік.*

**Зау арлан.** *Зор, үлкен арлан.* **Зау биік.** *Өте жоғары.* **Зау тас.** ж е р г. *Тік жартасты құз.*

**ЗАУА: зауа кетті.** ж е р г. *Текке кету, зая болу.*

**ЗАУАЛ**[1] [ар. زوال] з а т. **1.** *Түстен кейінгі уақыт.* **2.** *Күн батар кез, кешкілік, іңір, ымырт.*

**Зауал ауа.** *Кешке жақын, кешкілік.* **Зауал [кешкі зауал] шақ.** а) *Кешкі түнеріңкі кез, жарық атаулы жоғалып бара жатқан шақ, жарық пен қараңғылықтың өліарасы.* ә) *Егде тартып, жас ұлғайып, қартайған кез; өмірінің соңы, ақыры.* **Зауалы ауу [қайту].** ж е р г. *Деңгейі төмендеу, қайту.*

**ЗАУАЛ**[2] з а т. *Жаза, сазай, азап; өлім, апат.*

**Зауалға тап болды.** *Тоқырауға ұшырады, қиындыққа кез болды.* **Зауалға ұшырады**. *Қиыншылыққа кез болды.* **Зауал жетті.** *Басына қауіп-қатер төнді, күн туды.* **Зауал кездесті [төнді].** *Басына қиын-қыстау күн туды, бақытсыздық түсті.* **Зауал келтірді.** *Басына бәле болды, жамандық әкелді, азап тілеп алды.* **Зауал төнгізді.** *Басына қатер төндірді, бақытсыздыққа ұшыратты.* **Зауалын берді.** *Сазайын тартты, жазасын алды.* **Зауалын тартты**. *Жазасын*

*алды, сазайын тартты.* **Зауалың болғыр!** қарғ. *Сазайыңды тартқыр, жазаңды алғыр!* **Зауалыңды берсін!** қарғ. *Сазайыңды тарт, жазаңды ал!* **Зауалыңды Құдай берсін!** қарғ. көне. *Жазаңды Құдайдың өзі айдап әкелсін!*

**ЗАУАЛДЫ** сын. **1.** *Жазасын алар, сазайын тартар.* **2.** ауыс. *Қауіпті, қатерлі, қиынқыстаулы.*

**Зауалды күн.** діни. *Істеген күнә үшін жауап берер сәт.*

**ЗАУАЛСЫЗ** сын. *Жазықсыз, сазайын тартпай.*

**ЗАУАТ** ор. зат. сөйл. ***Зауыт.***

**ЗАУДЕ** үст. *Іуде, анда-санда.*

**ЗАУЗА**[1] зат. *Мамыр айының арабша аты.*

**Зауза жұлдызы.** көне. *Мамыр айының көне аты.*

**ЗАУЗА**[2] зат. зоол. *Заузақоңыз, дене тұрқы 22–29 мм-дей, түсі қара, шаруашылыққа зиянды қоңыз.*

**ЗАУЗАҚОҢЫЗ** зат. зоол. <лат. melolontha> *Қатты қанаттылар отрядының тақта мұрттылар тұқымдасына жататын жәндік.*

**ЗАУЗАҚҰРТ** зат. биол. *Зауза қоңызының ұзындығы 60 мм, түсі ақшыл сары дернәсілі.*

**ЗАУЗАТ** зат. сөйл. ***Зәузат*** *(ұрім-бұтақ, жеті ата, түп-тұқиян).*

**ЗАУҚАЙЫМ** үст. *Ойламаған, күтпеген жерден, кездейсоқ, әлдеқалай.*

**ЗАУҚАЙЫР** үст. сөйл. ***Зауқайым.***

**ЗАУҚАТА** үст. жерг. *Анда-санда, оқтатекте.*

**ЗАУҚАТАЙЫМ** үст. жерг. *Жазатайым, кездейсоқ.*

**ЗАУҚЫМАТ** зат. көне. *Тауқымет, қиыншылық.*

**ЗАУЛА=** ет. **1.** *Жүйітку, зымырау, құйындату.* **2.** *Жалындап қатты жану, лаулау.* **3.** *Ағытылып сөйлеу, тоқтамай, жылдам, тез айту. // Мүдірмей таза сөйлеу.* **4.** ауыс. *Жалындау, қимыл-әрекеті, қайрат-жігері жанып тұрған отқа ұқсау.* **5.** ауыс. *Лезде, көзді ашып-жұмғанша өте шығу.*

**ЗАУЛАТ=** ет. **1.** *Жүйткіту, зымырату.* **2.** *Ағылып, тоқтамай сөйлеу, тез айтып шығу.*

**ЗАУЛАТУ** *Заулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАУЛАУ** *Заула етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүйтку, зымырау.* **2.** *Тез өте шығу.* **3.** *Қатты ағу, саулау.*

**ЗАУРОЛОВ** зат. зоол. <лат. saurolophus> *Үйректұмсық динозаврлар тұқымдасының ең ірі туысының бірі.*

**ЗАУРОПОД** зат. зоол. *Бауырмен жорғалаушылардың ішіндегі кесіртке жамбасты динозаврлар отрядының бір тармағы.*

**ЗАУЫҚ**[1] зат. *Мәнер, күй (қалып), ауан (істің өту үрдісі, қалпы).*

**ЗАУЫҚ**[2] зат. **1.** *Ықылас, ынта, ниет, көңіл күй.* **2.** психол. *Адамның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылуы.*

**Зауқы ауды.** *Көңілі түсті, ниеттенді, ынтасы ауды.* **Зауқы болмады.** *Көңілі түспеді, ықыласы болмады.* **Зауқы жоқ.** *Көңілі соқпады, ықыласы аумады.* **Зауқын басты [қандырды].** *Мауқын басты, құмарын қандырды, тарқатты, көңіл күйін көтерді, көңілін көншітті.* **Зауқы соқты.** *Көңілі түсті, ниеті ауды; тәбеті тартты.* **Зауқы түсті.** *Ықыласы, ынтасы ауды, көңілі түсті.* **Зауқы шаппады [болмады, жоқ].** *Тәбеті тартпады, көңілі соқпады, ықыласы түспеді.* **Зауқы шапты.** *Көңілі соқты, ынтасы түсті, ниеттенді.*

**ЗАУЫҚ**[3] зат. жерг. *Ойын-сауық, думан, тамаша.*

**ЗАУЫҚМҮШЕ** зат. анат. *Малдың жыныс мүшесі.*

**ЗАУЫҚСЫЗ** сын. *Ықылассыз, ынтасыз, көңілсіз, ниетсіз.*

**ЗАУЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Көңілсіздік, ынтасыздық, бейжайлық, дел-сал күй.*

**ЗАУЫҚТАН=** ет. *Ынталану, ниеттену, ықыластану, көңілдену.*

**ЗАУЫҚТАНДЫР=** ет. *Ынталандыру, сергектендіру.*

**ЗАУЫҚТАС=** ет. *Ниеті түсу, ықыластану.*

**ЗАУЫҚТАСУ** *Зауықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЗАУЫҚТЫ** сын. *Ықыласты, ниетті, ынталы.*

**ЗАУЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Ықыласы ауғандық, көңілі түскендік.*

**ЗАУЫЛДА=** ет. сөйл. *Заулау, зуылдау.*

**ЗАУЫМЕН** үст. жерг. *Әдейі, арнайы.*

**ЗАУЫТ**[1] зат. қолөнер. *Алтын, күміс, қорғасын қорытатын ожау.*

**ЗАУЫТ**[2] зат. *Өндіріс үдерістері механикаландырылған өнеркәсіп орны.*

**ЗАУЫТ**[3] зат. жерг. *Консервіден босаған қаңылтыр сауыт.*

**ЗАУЫТШЫ** зат. *Зауытта, өнеркәсіп орнында істейтін адам, жұмысшы.*

**ЗАХАРА** зат. жерг. *Жүгері ұнынан пияз, асқабақ қосып жабатын нан.*

**ЗАХМЕТ**[1] зат. *Жын, пері, сайтан.*

**Захмет соқты.** *Есінен адасты, жын ұрды, алжасты.*

**ЗАХМЕТ**[2] зат. *Азап, бейнет, қиындық, ауыртпалық.*

**Захмет шекті.** *Азап шекті, бейнет көрді, басынан қиындық өткізді.*

**ЗАҺАР**[1] зат. **1.** *У, зәр.* **2.** ауыс. *Қаһар, айбат, айбар, айбын.*

**Заһар төкті.** *Зәрін төкті, қаһарланды.* **Заһар шашты.** *Қатты ашуланды, қаһарланып, зәрін төкті.* **Заһарын жайды.** *Қаһарын төкті, ызғарын шашты.*

**ЗАҺАР**[2] сын. жерг. *Алыс, қашық.*

**ЗАҺАРЛЫ** сын. **1.** *Улы, зәрлі.* **2.** ауыс. *Қаһарлы, айбатты, айбарлы.*

**ЗАҺИР** сын. ескі кіт. *Айқын, анық; зайыр.*

**ЗАЯ** үст. *Құр, бекер, бос, текке.*

**Зая болды.** *Босқа кетті, текке құрыды.* **Зая етті [етпеді].** *Бекерге кетірді, босқа жіберді.* **Зая жіберді.** *Босқа кетірді, текке жұмсады.* **Зая кетті.** *Босқа құрыды, текке кетті, бейнеті жүзеге аспады, еңбегі еш болды.* **Зая қылды.** *Босқа кетірді, бекерге жіберді.*

**ЗАЯЛА=** ет. жерг. *Ысырап ету, шығындату.*

**ЗӘБҮР** зат. діни. *Алла тағаладан Дәуіт пайғамбарға көктен түскен Киелі төрт кітап [Тәурат – Мұса (ғ.с.) пайғамбарға, Зәбүр – Дәуіт (ғ.с.) пайғамбарға, Інжіл – Иса (ғ.с.) пайғамбарға, Құран Кәрім Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға түскен].*

**ЗӘБІЛ** зат. жерг. *Үй іргетасының сыртқа қарай шығыңқы қыры немесе соған жапсыра салынған орындық.*

**ЗӘБІР** зат. **1.** *Азап, жапа, езгі, қорлық-зорлық, қиянат.* **2.** психол. *Өзгенің мүддесіне зиян келтіру жолымен өз мүддесін қанағаттандыру бағытында әрекет етуден көрініс беретін психологиялық келеңсіз құбылыс.*

**Зәбір етті.** *Азап көрсетті, жапа шектірді.* **Зәбір жасады.** *Қорлық көрсетті, жапа шектірді.* **Зәбір көрді.** *Жапа шекті, қиянат көрді.* **Зәбір тартты.** *Қорлық көрді, азап шекті.* **Зәбірі тиді.** *Біреуге зияны тиді, жапа шектірді.* **Зәбір шекті.** *Қорлық көрді, азап тартты.*

**ЗӘБІР-ЖАПА** зат. *Қорлық-зорлық, зомбылық, қиянат.*

**Зәбір-жапа көрсетті.** *Бейнет, азап шекті, қорлық көрді.* **Зәбір-жапа шекті.** *Зорлық-зомбылық көрді, азап тартты.*

**ЗӘБІР-ЗАПА** зат. *Жамандық, зорлық-зомбылық, қиянат.*

**ЗӘБІР-ЗІЛ** зат. *Жамандық, зорлық.*

**ЗӘБІРЖАТ** зат. көне. ***Зүбәржат*** *(асыл тастың түрі).*

**ЗӘБІРЛЕ=** ет. *Зәбір көрсету, қинау, қорлық көрсету.*

**ЗӘБІРЛЕН=** ет. *Қорлану, азаптану.*

**ЗӘБІРЛЕНУ** *Зәбірлен етістігінің қимыл атауы; қорлану.*

**ЗӘБІРЛЕТ=** ет. *Қорлату, азаптату, зәбір көрсеткізу.*

**ЗӘБІРЛЕТУ** *Зәбірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЗӘБІРЛЕУ** *Зәбірле етістігінің қимыл атауы.*

**ЗӘБІРЛЕУШІ** зат. *Зәбір көрсетуші, азаптаушы, қинаушы.*

**ЗӘБІРЛІК** зат. *Зорлық-зомбылық, қиянатшылдық.*

**ЗӘБІРСІЗ** сын. *Кісіге жамандығы жоқ, қиянатсыз; жәбірсіз.*

**ЗӘБІРСІЗДІК** зат. *Қиянатсыздық, қорлық-зорлығы жоқтық.*

**ЗӘБІРШІ** зат. *Азап көрсетуші, азаптаушы; зәбірлеуші адам.*

**ЗӘГІРЕН** зат. *Мата түрі.*

**ЗӘДІ**[1] мод. сөйл. *Зады, асылы, шамасы.*

**ЗӘДІ**[2] зат. жерг. *Негізі, арғы тегі.*

**ЗӘЙ** *Араб әліпбиіндегі «з» әрпінің айтылуы.*

**ЗӘЙТҮН** зат. өс. <лат. olea> *Зәйтүн тұқымдасына жататын мәңгі жасыл көпжылдық ағаш. Негізінен субтропикалық аймақтарда өседі. Жемісі қараөрікке ұқсас, ішінде дәні, сүйегі болады. Одан тағамдық, техникалық май алынады. Зәйтүн ағашы 300-400 жыл өмір сүреді. Бір ағаш жылына 20-40 кг жеміс береді.*

**Зәйтүн бұтағының алқасы.** спорт. *Көне грек дәстүрі бойынша қалыптасқан спорттық олимпиада ойындары жеңімпаздарының басына тағылатын зәйтүн ағашының бұтақтарынан жасалған алқа.* **Зәйтүн майы.** *Зәйтүн сүйектерінен алынатын, кеппейтін өсімдік майы.* **Зәйтүн тұқымдасы.** бот. <лат. oleaceae> *Қосжарнақты өсімдіктер.*

**ЗӘЙІЛ** зат. *Ырық, ықпал, әсер, ыңғай.*

**ЗӘЙІМКЕ** зат. сөйл. ***Заимка.***

**ЗӘЙІР** зат. *Мата түрі.*

**ЗӘЙІРІ** мод. *Тәйірі, шамасы.*

**ЗӘК** зат. жерг. **1.** *Дым, дымқыл, сыз.* **2.** ауыс. *Кекесін, мысқыл.*

**Зәк басты.** жерг. *Дым болды, көгерді, көк басты.*

**ЗӘКАТ** зат. сөйл. ***Зекет.***

**ЗӘКИ** сын. *Адал, таза; аққөңіл.*

**ЗӘКӨН** [ор. закон] зат. сөйл. ***Заң.***

**ЗӘКТЕ=** ет. жерг. *Дымқылдану, сыздану, дымдану.*

**ЗӘКҮН** [ор. закон] зат. сөйл. ***Заң.***

**ЗӘКҮНШІК** [ор. законщик] зат. сөйл. *Заңшыл, заңқой.*

**ЗӘКҮНШІЛ** сын. сөйл. *Заңшыл, заңқой.*

**ЗӘКІР** [ор. якорь] зат. сөйл. *Кеменің суда (рейдте, бухтада, т.б.) ығып кетпеуін қамтамасыз ететін құрылғы.*

**Зәкір қабу.** кәс. *Зәкір тастау, зәкірді қаптыра тастау.* **Зәкір қондырғысы.** әск. *Кемені зәкірге қоюға арналған техникалық құралдар жиынтығы.* **Зәкірлік теңіз минасы.** әск. *Су түбінде, белгілі бір тереңдікте жатқан зәкірге трос арқылы байланыстырылған жүзбелі мина.*

**ЗӘЛ** *Араб әліпбиіндегі «з» әрпінің айтылуы.*

**ЗӘЛЕТКЕ** зат. сөйл. ***Желетке.***

**ЗӘЛЗӘЛӘ** зат. сөйл. *Зілзала, ғаламат апат, табиғат апаты.*

**ЗӘЛИЛЛІК** зат. ескі кіт. *Қапалық, қорлық, қиянат.*

**ЗӘЛОҚ** зат. жерг. кәс. *Жұқа сылақ.*

**ЗӘЛӨК** зат. жерг. кәс. *Жаңа жыртылған жер.*

**ЗӘЛІМ** сын. сөйл. ***Залым.***

**ЗӘЛІМДІК** зат. сөйл. *Залымдық, айлакерлік.*

**ЗӘЛІТТЕС** шыл. сөйл. *Тәрізді, секілді, сияқты.*

**ЗӘЛІТТІ** шыл. сөйл. *Сияқты, секілді, тәрізді.*

**ЗӘМБІЛАҒАШ** зат. өс. сөйл. *Себет тал.*

**ЗӘМБІЛГҮЛ** зат. өс. *Бүршік-бүршік болып дөңгеленіп келген, қауқиған гүл.*

**ЗӘМБІЛШЕ** зат. жерг. кәс. *Ерте пісетін қауын, әңгелек.*

**ЗӘМЗӘМ**[1] зат. **1.** діни. *Зәмзәм суы.* **2.** ауыс. *Шипалы, шарапатты, емдік қасиеті бар су.*

**Зәмзәм суы.** діни. *Діни уағыз бойынша, Меккедегі Қағба тасының жанындағы құдықтан алынған қасиетті, киелі су.*

**ЗӘМЗӘМ**[2] зат. жерг. *Құмды аймақты мекендейтін кесірткенің үлкен түрі.*

**ЗӘМЗӘМДАЙ** сын. *Зәмзәм суындай, қасиетті, шипалы судай.*

**ЗӘН: аузы зән татиды**. *Шөлден немесе сырқаттан таңдайы кеуіп, ауыздың дәмі өзгерді.*

**ЗӘНДЕМ** сын. **1.** *Сұм, сұрқия, залым, айлакер, қу.* **2.** ауыс. *Сұм, жалған дүние.* **3.** ауыс. *Жалыны күшті, шарпып тұрған [от].* **4.** ауыс. *Түпсіз шыңырау, тозақ.*

**Зәндемге кеткір.** қарғ. *Жаның жаһаннамға кеткір, қыршыныңнан қиылғыр.*

**ЗӘНДЕМДІК: зәндемдік істеді.** *Құлықсұмдық істеді.*

**ЗӘНДЕМІ** сын. сөйл. ***Зәндем.***

**ЗӘНЖІР** зат. *Шынжыр, бұғау.*

**ЗӘННӘМ** зат. *О дүние, жаһаннам.*

**ЗӘНТАЛАҚ** зат. қарап. **1.** *Арамза, қаранიет, оңбаған.* **2.** ауыс. *Жойқын.*

**ЗӘҢГЕР** зат. *Тігін (іс) мәшинесінің алғашқы түрі.*

**ЗӘҢГІ**[1] зат. көне. *Жергілікті әкімдердің ең кішісі, старшина; Қытай қазақтары арасында қолданылған ең төменгі әкімшілік лауазым.*

**ЗӘҢГІ**[2] зат. *Қара нәсілді адам, негр.*

**ЗӘҢГІ**[3] зат. жерг. *Қызметші, құл.*

**ЗӘҢГІ**[4] зат. жерг. *Саты, басқыш.*

**ЗӘҢГІЛЕ: зәңгілеп артты.** *Жүкті түйе үстіне саты салып артты.*

**ЗӘҢГІДЕЙ** сын. *Зәңгі сияқты, зәңгі тәрізді, қап-қара.*

**ЗӘҢГІЛІК** зат. *Атақ, қызмет, мансап.*

**ЗӘҢГІР** сын. **1.** *Биік, көзжетпес алыс.* **2.** *Көк аспан түстес, зеңгір.*

**ЗӘҢКИГЕН** сын. *Үлкен, еңселі, биік.*

**ЗӘР** зат. анат. <лат. urina> **1.** *Ағзадағы зат алмасудан пайда болған керексіз, қажетсіз сұйық зат, несеп.* **2.** *У, өте зиянды зат.* **3.** ауыс. *У, ащы, заһар; мехнат, азап.* **4.** ауыс. *Ашу, ыза, кек.* **5.** ауыс. *Қаһар, айбат, айбын.* **6.** ауыс. *Суық, аяз, ызғар.* **7.** ауыс. *Опық, өкініш.* **8.** ауыс. *Ауыртпалық, зіл.*

**Зәр айдау**. мед. *Ағзадағы қажетсіз сұйық заттың, зәрдің шығуын қамтамасыз ету.* **Зәр жайды**. жерг. *Қаһар төкті, қаһарланды, қаһар шашты, ашу көрсетті.* **Зәр жұтты.** *Ішкені ірің, жегені желім болды.* **Зәр сындырды**. эвф. *Түзге отырды, сыртқа шықты, дәрет сындырды.* **Зәр тамды**. *Қаһарланды, ашуланды.* **Зәр [зәрін] төкті.** а) *Қатты ашуланды, қаһарланды.* ә) *Қақады, суытты, ызғарланды.* б) *Айбат көрсетті, қаһарланды, айбат шекті.* **Зәр [зәрін] шашты**. *Ашуланды, ұрысты, балағаттады.* **Зәр шығару жүйесі.** анат. *Ағзадағы керексіз, қажетсіз сұйық заттарды сыртқа шығаратын мүшелердің жалпы жиынтығы.* **Зәр шығару мүшелері.** анат. *Ағзадағы керексіз сұйық заттарды тысқа шығаратын дене мүшелері.* **Зәр ішкір! [жұтқыр, татқыр!].** қарғ. *У ішкір, несеп ішкір, ішпей ішіңде кеткір!* **Зәр ішті.** *Қатты уайымдады.* **Зәрі қайтты.** а) *Күннің ызғары қайтты, жылынды.* ә) *Уы тарады.* **Зәрі қатты.** *Қаһарлы, кәрлі.* **Зәріне мінді.** *Қаһарланды, қатайды.* **Зәрін татты.** *Басына қиыншылық күн туды, азабын тартты.* **Зәрін тікті.** *Қаһарланды, қатуланды, ашу шақырды. айтты, уын шашты.* ә) *Қатты суыды, қақады.*

**ЗӘРАҒАР** зат. анат. <лат. ureter> *Бүйректе түзілген зәрді қуыққа апаратын жіңішке түтікше тәрізді мүше.*

**ЗӘРӘР** зат. сөйл. *Зиян, кесапат, залал.*

**ЗӘРӘРЛІ** сын. *Зиянды, залалды, ауыр, қиын.*

**ЗӘРДЕ: зәрде болды**. *Жүрегі шайлықты, зәрезап болды, беті қайтты.*

**ЗӘРДЕЙ** сын. *Удай, ащы, заһардай.*

**Зәрдей ащы.** *Тілді оятын у мен заһар.*

**ЗӘРДЕШ** зат. *Зороастризм, діни ағым, бағыт.*

**ЗӘРЕ**[1] зат. **1.** *Үрей, қорқыныш.*

**Зәре жоқ**. *Жүрегі тас төбесіне шықты, қатты қорықты.* **Зәре қашты**. *Үрейі ұшты, қорықты.* **Зәресі [жаны] зәр түбіне кетті [жетті].** *Қатты қорықты, құты қашты, үрейі ұшты.* **Зәресін зәр түбіне жіберді.** *Қорқытты, шошытты, үрейлендірді.* **Зәресі қалмады.** *Үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Зәресін [зәрені] алды.** *Қорқытты, үрейін ұшырды, үрейлендірді.* **Зәресін ұшырды**. *Қатты қорқытты, үрейін ұшырды.* **Зәресі [жүрегі] ұшты.** *Жаман қорықты, үрейленді.*

**ЗӘРЕ**[2] зат. қолөнер. *Мұрынға, танауға өткізілетін әшекей.*

**ЗӘРЕ**[3] зат. *Атом, молекула, ең кіші бөлшек.*

**ЗӘРЕДЕЙ** сын. *Құрттай, титтей, кішкентай.*

**ЗӘРЕЗЕП** сын. сөйл. ***Заразап.***

**Зәрезеп болды**. *Зәрезап болды, мезі болды, ығыр болды.*

**ЗӘРЕЗАП**: **зәрезап болды.** *Қашқалақтау, қашу, жуытпау, алысқа салу, ығыры шығу.*

**ЗӘРЕ-ИМАН**: **зәре-иманы [зәр-иманы] қалмады.** *Қатты қорықты, үрейленді.*

**ЗӘРЕ-ҚҰТ**: **зәре-құт [зәре-құты] жоқ**. *Үрейленді, қатты қорықты.*

**Зәре-құт [зәре-құты] қалмады**. *Қатты қорықты, үрейі ұшты.* **Зәре-құты кетті**. *Қорықты, үрейленді, зәресі қалмады.* **Зәре-құты қашты**. *Үрейі ұшты, зәресі кетті.* **Зәре-құтын алды**. *Жүрегін ұшырды, қорқытты.* **Зәре-құтын ұшырды**. *Қорқытты, зәресін алды.*

**ЗӘРЕТ** зат. *Күш, қуат, қайрат.*

**ЗӘР-ЗАБА: зәр-заба болды.** *Бәйек болды, құрақ ұшты.*

**ЗӘРЖАБА** зат. өс. жерг. *Ақжелек.*

**ЗӘР-ЖЫНЫСТЫҚ: зәр-жыныстық түтік**. анат. <лат. urethra masculina> *Қуықтан зәрді, еннен шәуетті сыртқа шығаратын, несеп шығару және көбею мүшелеріне ортақ өзек (аталық уретра).*

**ЗӘРЛЕ=** ет. *У қосу, у салу, улау.*

**ЗӘРЛЕН=** ет. *Ашу шақыру, зәрін төгу, қаһарлану.*

**ЗӘРЛЕНУ** *Зәрлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗӘРЛЕУ** *Зәрле етістігінің қимыл атауы.*

**ЗӘРЛІ** сын. **1.** *Улы, уытты.* **2.** ауыс. *Қаһарлы, сұсты, айбатты.* **3.** ауыс. *Үрейлі, қорқынышты. // Жеп жіберердей, өткір (көз). // Зілді, ызғарлы, кәрлі (дауыс, үн).* **4.** ауыс. *Уытты, мысқылды, кекесінді (сөз, күлкі).* **5.** ауыс. *Ызғарлы, суық, сүйектен өтетін.* **6.** ауыс. *Ауыр, азапқа толы.*

**Зәрлі тіл.** *Улы, ащы тіл.* **Зәрлі ісік.** мед. *Өте қауіпті, қатерлі ісік, рак.*

**ЗӘРЛІЛІК** зат. *Уыттылық, зарарлық, зияндық.*

**ЗӘРӨЗЕК** зат. анат. <лат. urethra> *Несепті (зәрді) қуықтан сыртқа шығаратын өзек.*

**ЗӘРРА** сын. ескі кіт. *Өте ұсақ, тозаңның ұшқынындай.*

**ЗӘРРЕ** зат. жерг. *Күн сәулесінің көзге көрінер-көрінбес ұсақ түйіршіктері.*

**ЗӘРРЕДЕЙ** сын. сөйл. ***Зәредей.***

**ЗӘРСІЗ** сын. **1.** *Усыз, уытсыз, қауіпсіз, қатерсіз.* **2.** ауыс. *Ашу-ызасыз, кексіз; зілсіз.* **3.** ауыс. *Ызғарсыз, суық емес.*

**ЗӘРУ** сын. *Мұқтаж, қажет, ділгір.*

**Зәру болды.** *Мұқтаж болды, қатты керек-сінді.*

**ЗӘРУЛІК** зат. *Қажеттілік, мұқтаждық, ділгірлік.*

**ЗӘРУРАТ** сын. *Өте зәру, аса қажетті.*

**ЗӘРУШІЛІК** зат. сөйл. *Мұқтаждық, қажеттілік, ділгірлік.*

**ЗӘТТЕ**: **зәтте болды**. жерг. *Запы болды, жүрегі шайлықты.*

**ЗӘУАЛ** зат. сөйл. *Қайғы-қасірет, қатер, зауал.*

**Зәуал іште.** *Қасірет тартты, жапа шекті, қайғыланды.*

**ЗӘУДЕ**[1] үст. **1.** *Әлдеқалай, алда-жалда.* **2.** *Қашанда; ешқашан.* **3.** *Кейде, анда-санда, оқтатекте.* **4.** *Сірә, тегінде.*

**Зәуде болмаса.** *Әлдеқалай, ілуде (бір) болмаса.* **Зәуде бір.** а) *Алда-жалда, әлдеқалай.* ә) *Кейде, анда-санда.* **Зәуден кейін.** *Біраздан кейін, бірер уақытта.*

**ЗӘУДЕ**[2]: **зәуде болса**. жерг. *Дәу де болса.*

**ЗӘУДЕМДЕ** үст. жерг. *Лезде, демде, тез.*

**ЗӘУЕДЕ** үст. сөйл. ***Зәуде.***

**ЗӘУЕ-ЗАЙЫМ** үст. *Әлдеқалай, ілуде бір, алда-жалда.*

**ЗӘУЕН** зат. жерг. кәс. *Егіннің ескі орны.*

**ЗӘУЗАТ**[1] зат. **1.** *Үрім-бұтақ, өрен-жаран, әулет, тұқым, ұрпақ, жұрағат.* **2.** психол. *Адамның өз кіндігінен өсіп-өрбіген ұрпағы.*

**ЗӘУЗАТ**[2] зат. *Аңдар мен жануарлардың үйірі, тобы.*

**ЗӘУЗАТ**[3] зат. *Өсімдік тұқымы, ұрығы.*

**ЗӘУЗӘТ** зат. сөйл. ***Зәузат.***

**ЗӘУҚАЙЫР** үст. *Алда-жалда, анда-санда; әлдеқалай, кездейсоқ.*

**ЗӘУЛІҒАЛАМ** үст. *Зәуіғалам, ара-тұра, ара-арасында, алда-жалда.*

**ЗӘУЛІМ** сын. *Аспанмен таласқан биік, заңғар.*

**ЗӘУЛІМДЕН=** ет. *Биіктену, заңғарлану.*

**ЗӘУЛІМДЕНУ** *Зәулімден етістігінің қимыл атауы.*

**ЗӘУЛІМДІК** зат. *Биіктік, заңғарлық.*

**ЗӘУЛІМ-ЗӘУЛІМ** сын. *Биік-биік, ірі-ірі.*

**ЗӘУ-ШАЙТАН** үст. сөйл. ***Зәуі-шайтан*** *(алда-жалда, ілуде, анда-санда).*

**ЗӘУІҒАЛАМ** үст. *Алда-жалда, әлдеқалай.*

**ЗӘУІМДЕ** үст. сөйл. ***Зәуде.***

**ЗӘУІМЕН** үст. *Арнайы, белгілі бір мақсатпен, әдейілеп.*

**Зәуімен келді.** *Сәті (орайы) түсіп келді.*

**ЗӘУІР**[1] зат. көне. *Ауыртпалық, қиыншылық, азап.*

**ЗӘУІР**[2] зат. ***Зәбүр*** *(діни кітаптардың бірі).*

**ЗӘУІР**[3] зат. сөйл. ***Сәуір*** *(көкек айы).*

**ЗӘУІ-САЙТАН** үст. сөйл. ***Зәуі-шайтан.***

**ЗӘУІ-ШАЙТАН** үст. *Алда-жалда, әлдеқалай, кездейсоқ.*

**ЗӘҺАР** зат. сөйл. **1.** *Уыт, кекесін, мысқыл.* **2.** ауыс. *Сұм, сұрқия, зар.*

**ЗӘҺӘР**[1] зат. ***Заһар.*** **1.** *У уытты, залалды зат.* **2.** *Арақ, ішімдік, шарап.*

**ЗӘҺӘР**[2] зат. *Айып, зіл, кінә.*

**ЗЕБР** [франц. zebre] зат. зоол. *Африкада тіршілік ететін, жолақ түсті жануар.*

**ЗЕБУ** [франц. zébu] зат. зоол. *Азия мен Африканы мекендейтін ірі қара тұқымдас, өркешті жануар.*

**ЗЕВС** [грек. Zeus] зат. миф. *Ежелгі грек мифологиясындағы жоғары әмірші Құдай, барлық Құдайлар мен адамдардың ең мәртебелісі.*

**ЗЕГЕР: зегер конустары.** кен. *Биіктігі 4–5 см, жұмсару және балқу температуралары әртүрлі стандартты қыш пирамидалар. [Өнеркәсіптік пештердің жұмыс кеңістігіндегі температураның, сондай-ақ материалдардың отқа төзімділігін шамалап анықтау үшін қолданылады].*

**ЗЕГІРЕН** зат. сөйл. ***Шегірен.***

**ЗЕЕБЕК: зеебек эффектісі.** физ. *Түйіспелеріне әртүрлі температурасы бар әртекті*

*өткізгіштерден тізбектеп құрастырылған электр тізбегінде электр қозғаушы күшінің пайда болуы.*

**ЗЕЕМАН: зееман эффектісі.** физ. *Магнит өрісі әсерінен атомның, т.б. атомдық жүйелердің энергия деңгейлері мен спектрлік сызықтарының жіктелуі.*

**ЗЕЙ: зей су.** жерг. *Сор жерден шығатын ащы су.*

**ЗЕЙГЕРЛЕУ** кен. *Қатты қорытпаларды құрам бөліктеріне ажырату әдісі.*

**ЗЕЙДШІЛДЕР** зат. діни. ***Зайдшілдер*** *(Ислам дініндегі шииттік ағымның бір тармағын ұстанушылар мәзһабы).*

**ЗЕЙКЕМ** зат. жерг. кәс. *Ащы суды ағызып жіберуге арналған арық.*

**ЗЕЙНЕТ** зат. **1.** *Көрік, сұлулық, сымбат, әдемілік.* **2.** *Әшекей, сән.* **3.** аулс. *Еңбек рақаты, жемісі, қызығы, игілігі.*

**ЗЕЙНЕТАҚЫ** зат. әлеум.экон. <лат. pensio> *Еңбек адамына құрметті демалысқа шыққаннан кейін ай сайын берілетін төлемақы; азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылғанда, арнаулы қызмет атқарған жылдары үшін, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да реттерде берілетін тұрақты ақшалай төлемақы.*

**Зейнетақы активтері.** экон. *Зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге арналған қаражат.* **Зейнетақы қорланымдары.** экон. *Жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылған міндетті және ерікті жарналарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық кірісті қоса алғанда, зейнетақы төлемдерін алушының дербес зейнетақы шоттарында көрсетілген ақшалай қаражаты.* **Зейнетақы қоры.** а) *Ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтін жеке тұлғалардың ай сайынғы жалақысынан ұсталатын оннан бір бөлігін жинақтайтын қор.* ә) *Зейнетақы төлеуге арналған мақсатты қор.* **Зейнетақы шарты.** *Зейнетақы жарналары мен қорланымдарына байланысты құқық қатынастарын орнату, өзгерту немесе тоқтату туралы, бір жағынан, жинақтаушы зейнетақы қорлары, екінші жағынан, салымшы немесе алушы арасында жасалатын шарт (келісім).*

**ЗЕЙНЕТКЕР** зат. <франц. pensionnaire> *Жасы келіп, құрметті еңбек демалысына шыққан адам.*

**ЗЕЙНЕТКЕРЛІК** зат. *Зейнетке шығушылық, зейнеткер болушылық.*

**ЗЕЙНЕТТЕ=** ет. *Көріктеу, әдемілеу, сәндеу, әшекейлеу.*

**ЗЕЙНЕТТЕЛ=** ет. *Әшекейлену, әдемілену, сәнделу.*

**ЗЕЙНЕТТЕЛУ** *Зейнеттел етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕЙНЕТТЕН=** ет. *Зейнетін, рақатын көру.*

**ЗЕЙНЕТТЕНУ** *Зейнеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕЙНЕТТЕУ** *Зейнетте етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕЙНЕТТІ** сын. **1.** *Көрікті, сымбатты, әдемі, сұлу.* **2.** *Рақат, жақсылығы мол.*

**Зейнетті демалыс.** *Көп жыл еңбек еткен соң жасы жетуіне байланысты жұмыстан босатылатын мерзім.*

**ЗЕЙІЛ** зат. *Көңіл, ниет, ықылас, ынта, пейіл. // Ақылды, парасатты; салмақты. // Қатал, қатаң.*

**ЗЕЙІЛДЕН=** ет. *Көңілдену, ынталану, ықыластану.*

**ЗЕЙІЛДЕНУ** *Зейілден етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕЙІЛДІ** сын. жерг. *Зейінді, зерек, ұғымтал.*

**ЗЕЙІН** зат. **1.** *Ықылас, көңіл, ниет, зерде.* **2.** *Талап, ынта.* **3.** психол. *Адам санасының айналасындағы заттардың, құбылыстардың ішінен керектісін бөліп алып, соған бағыттала тұрақталу процесі; адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы.*

**Зейін артты**. *Көңіл аударып, зер салды, ден қойды.* **Зейін аударды**. *Көңіл қойды, ынтасын салды.* **Зейін қойды**. *Көңіл бөлді, ықылас аударды.* **Зейін салды**. *Ынта қойды, көңіл бөлді.* **Зейінін жоқ етті.** *Жігерін құм етті.*

**ЗЕЙІНДІ** сын. *Зейін тоқтатқыш, алғыр, зерделі, ықыласты.*

**ЗЕЙІНДІЛІК** зат. *Алғырлық, зеректік, зерделілік, ұғымталдық, қабілеттілік.*

**ЗЕЙІНДІРЕК** сын. *Зейіні басым; зерделірек; анығырақ.*

**ЗЕЙІН-ЗЕРДЕ** зат. *Ақыл-ой, ынта-жігер.*

**ЗЕЙІНСІЗ** сын. *Ынтасыз, ықылассыз, ниетсіз.*

**ЗЕЙІНСІЗДІК** зат. *Ынтасыздық, ықылассыздық.*

**ЗЕЙІР**[1] зат. көне. *Қой мұрнына өткізілетін айшықты шығыршық.*

**ЗЕЙІР**[2] [лат. stizolofus] зат. өс. *Көпжылдық иісті шөп.*

**ЗЕЙІРЛІ** сын. көне. *Зейірі бар, зейір өткізілген.*

**ЗЕКЕТ** зат. діни. *Кәмелетке толған әрбір адам басына салынатын діни салық; мұсылмандардың бес парызының бірі, яки мұсылмандықтың төртінші шарты, қоғамдағы кедейлерге берілетін міндетті садақа.*

**Зекет берді.** діни. *Малдың басына қарай садақа берді.* **Зекет бермеді.** *Әртүрлі сылтау айтып, малын аяп, садақа бермеді; Құдай жолынан бас тартты.* **Зекеті кетейін**. сөйл. ***Зекетің кетейін***. **Зекетің [болып] кетейін.** *Садағаң кетейін, құрбандығың болайын деген мағынадағы айналып-толғанғанда, біреуді жақсы көргенде айтылатын сөз.*

**ЗЕКЕТСІЗ** сын. *Зекеті жоқ, зекеті төленбеген.*

**ЗЕКЕТТІ** сын. *Зекеті төленген.*

**ЗЕКЕТШІ** зат. *Зекет жинаушы, салық алушы.*

**ЗЕККІ** зат. сөйл. ***Зеку***.

**ЗЕКУ** *Зекі етістігінің қимыл атауы; тыйым салу, ұрысу, жекіру.*

**ЗЕКІ=** ет. *Жекіріп тастау; ұрсу, ақыру.*

**ЗЕКІҢКІРЕ=** ет. *Ұрсыңқырау, жекіріңкіреу.*

**ЗЕКІҢКІРЕУ** *Зекіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕКІР=** ет. *Жекіру, зекіп тастау, ұрсу.*

**ЗЕКІРУ** *Зекір етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕЛЕТКЕ** зат. сөйл. ***Желетке***.

**ЗЕМБІЛ** зат. *Екі кісінің әр алуан заттарды қолмен көтеріп тасымалдауына арналған құрал.*

**ЗЕМЛЕМЕР** зат. тар. *Жерді өлшеп бөлуге арнайы бөлінген адам, жер өлшегіш (өлшеуші).*

**ЗЕМЛЕНКЕ** [ор. землянка] зат. сөйл. *Қыштан, топырақтан құйылған, кірпіштен қаланып, аласа етіп салынған үй, жертөле.*

**ЗЕМСТВО** зат. тар. *XX ғ. 17-жылына дейін патшалық Ресейде болған жергілікті басқару мекемесі; Ресей империясында 1861 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органы.*

**Земство басқармасы.** тар. *Земствоның басқару органы.* **Земство мекемесі.** тар. *Земство басқармасы орналасқан орталық.*

**ЗЕНИТ**[1] [франц. zénith] зат. геогр. **1.** *Бақылаушы адамның дәл төбесіндегі аспан күмбезінің ең жоғарғы нүктесі.* **2.** *Ең жоғарғы дәрежені, ең жоғарғы нүктені, бір нәрсенің (құбылыстың, оқиғаның, т.б.) шарықтау шегіне жету мағынасын білдіреді.*

**ЗЕНИТ**[2] зат. әск. *Әуе шабуылдарына қарсы қолданылатын соғыс құралы.*

**Зенит батареясы.** *Зенит қаруымен қаруланған әскери топ, батарея.*

**ЗЕНИТКА** зат. сөйл. ***Зенит***.

**ЗЕНИТТІ** сын. *Зенитпен қаруланған (батарея, артиллерия).*

**Зенитті зымырандық бойтаса.** әск. *Әуе қарсыласының соққысынан маңызды әкімшілік-саяси орталықтарды т.б. өндірістік-экономикалық аудандарды, қарулы күштер топтастығын қорғауға арналған әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесінің құрамды бөлігі.*

**ЗЕНИТТІК** сын. *Зенитпен қаруланған.*

**Зениттік артиллерия.** әск. *Әуе нысандарын жоюға арналған артиллерия.* **Зениттік артиллерия аймағы.** әск. *Зениттік-артиллериялық топ немесе бөлім әуе нысандарын атқылауды жүргізе алатын кеңістік.* **Зениттік артиллерия атысының тығыздығы.** әск. *Атыс алабындағы әуе нысанасы бойынша оның жолының әр шақырымына сәйкес келетін снаряд жарылысының саны.* **Зениттік артиллериялық аспаптар.** әск. *Әуе нысанасына зениттік артиллериялық атыс жүргізу үшін қажет мәліметтерді анықтауға арналған құрылғы.* **Зениттік артиллериялық кешен.** әск. *Бір немесе бірнеше зеңбірек пен әртүрлі техникалық құралдар жиынтығы.* **Зениттік ату.** әск. *Әуе нысаналарына зымыран жіберу және әртүрлі қарудан атыс жүргізу.* **Зениттік зеңбіректер.** әск. *Әуе нысандарын жоюға арналған артиллерия.* **Зениттік зымырандық әскер.** әск. *Елдің әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскері құрамындағы зениттік басқарылатын зымырандар арқылы ұшақтарды және басқа да әуе нысандарын жоюға арналған әскер түрі.* **Зениттік зымырандық бөлім.** әск. *Зениттік-зымырандкешенмен жарақталған бөлімшелерден құралған бөлім.* **Зениттік зымырандық кешен.** әск. *Елдің әуе шекарасын рұқсатсыз бұзған әуе нысандарын дер кезінде байқауға және жойып жіберуге арналған әскери құрал-жабдықтар.* **Зениттік қаруға қарсы маневр.** әск. *Қарсыластың аумағынан ұшу кезінде оның зениттік қаруларының атуынан жалтару үшін ұшақтардың қолданатын әдісі.* **Зениттік құралдардың атыс жүйесі.** әск. *Белгілі бір жалпы әскери бөлімдерді қорғау міндеттерін орындауда әуедегі қарсыласпен күресу үшін қолданылатын зенитті артиллерия мен зенитті пулеметтердің атыстық үйлесімі.* **Зениттік құралдар тығыздығы.** әск. *Маңдайшептің 1 шақырымына сәйкес келетін зениттік-зымырандық және зениттік артиллериялық құралдардың орташа саны.* **Зениттік пулемет қондырғылары.** әск. *Арнайы станокқа орнатылған 2000 м-ге дейінгі биіктіктегі әуе нысандарын ату үшін қолданылатын автоматты қару.* **Зениттік торуыл.** әск. *Қарсылас авиациясының шабуыл жасау бағытында жасырын орналасқан және оның төмен ұшатын ұшақтарын (тікұшақтарын) тұтқиылдан атыспен жоятын зениттік қондырғы (взвод, батарея).*

**ЗЕНИТШІ** зат. *Зенит атқыш; зенит артиллериясының артиллерисі.*

**ЗЕНКЕР** зат. тех. *Металл, пластмасса және т.б. жасалған бөлшектерді кесу құралы.*

**ЗЕҢ** зат. *Жылу мен ылғал жеткіліксіз жағдайда пайда болатын көгеру; көктат.*

**Зең бас адам.** *Ісінде береке жоқ, өзінің не істеп, не қойып жүргенін білмейтін, есеңгіреген күйде жүретін адам.* **Зең салу.** жерг. *Түйенің жазғы өріске шығарда не өрістен ауылға қайтарда ойнақтауы, құйрығын қайырып, шаншып, тұмсығын көтеріп, тайраңдауы.* **Зең саңырауқұлақтары.** бот. *Төменгі сатыдағы хлорофилсіз өсімдіктердің жеке бір тобы.*

**ЗЕҢБЕРЕК** зат. сөйл. ***Зеңбірек***.

**ЗЕҢБІР: зеңбір тас.** жерг. *Тік құз, қия тас.*

**ЗЕҢБІРЕК** зат. **1.** *Алысқа атылатын соғыс құралы.* **2.** әск. *Жер үсті, су үсті және әуедегі нысаналарды атуға арналған артиллериялық қару.*

**Зеңбірек батареясы**. *Зеңбірекпен қаруланған батарея.* **Зеңбірек күркілдеді.** *Зеңбіректер гүрс-гүрс атылды, гүрсілдеді.*

**ЗЕҢБІРЕКСІЗ** сын. **1.** *Зеңбірегі жоқ, зеңбірек қаруынсыз.* **2.** *Зеңбірек болмайынша, зеңбіректің қатысуынсыз.*

**ЗЕҢБІРЕКТЕЙ** сын. *Зеңбірек сияқты, зеңбірек тәрізді.*

**ЗЕҢБІРЕКТІ** сын. *Зеңбірегі бар, зеңбірекпен қаруланған.*

**Зеңбіректі артиллерия.** әск. *Зеңбірекпен қаруланған және жерүсті, суүсті, әуе нысаналарын жоюға арналған артиллерия.*

**ЗЕҢБІРЕКШЕ** үст. *Зеңбірекке ұқсап, зеңбірек секілді.*

**ЗЕҢБІРЕКШІ** зат. *Зеңбіректі ататын адам, зеңбірек атқыш.*

**ЗЕҢГЕР[1]** сын. *Зор, сұмдық, алапат, керемет жойқын.*

**ЗЕҢГЕР[2]** сын. сөйл. ***Зеңгір*** *(көк, көкшіл, аспан түстес).*

**ЗЕҢГІ[1]** зат. көне. *Сиыр малы.*

**ЗЕҢГІ[2]** зат. жерг. ***Зеңгі*** *(бір нәрсенің үстіне көлденең қойылған екі жағы таразы басындай көтеріліп-түсіп тұратын ағашпен ойнайтын балалар ойыны.*

**ЗЕҢГІ=** ет. сөйл. ***Зеңі.***

**ЗЕҢГІБАБА** зат. миф. **1.** *Қазақ халқының мифологиялық танымындағы төрт түлік малдың бірі – сиырдың иесі, пірі.* **2.** миф. сөйл. *Сиыр малы.* **3.** *Сиыр малы, қара мал.*

**ЗЕҢГІЛЕ=** ет. *Алыс жолға, кіреге шыққанда, теңді, жүкті әуелі саты ағашқа байлап, содан соң түйеге арту.*

**ЗЕҢГІҢКІРЕ=** ет. *Мең-зең болыңқырау, мәңгіріңкіреу.*

**ЗЕҢГІҢКІРЕУ** *Зеңгіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕҢГІР** сын. **1.** *Аспан түстес, көк, көкшіл.* **2.** *Биік, зәулім; заңғар.* **3.** ауыс. *Ашық, бейбіт.*

**Зеңгір көз.** *Көк, көкшіл көз.* **Зеңгір көзді.** *Көкшіл көзі бар.* **Зеңгір көк**. *Биік аспан, зәулім көк.* **Зеңгір тартты**. *Биіктеді, зәулімденді.* **Зеңгір таудайын.** фольк. *Биік, заңғар тау сияқты.*

**ЗЕҢГІРЛЕН=** ет. сөйл. *Зәулімдену, биіктеу, заңғарлану.*

**ЗЕҢГІРЛЕНУ** *Зеңгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕҢГІРЛІК** зат. *Биіктік, зәулімдік, заңғарлық.*

**ЗЕҢГІТ=** ет. *Бас айналдыру, мәңгірту, мең-зең қылу.*

**ЗЕҢДЕН=** ет. *Көгеру, тат басу.*

**ЗЕҢУ** *Зеңі етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕҢІ=** ет. **1.** *Басы айналып, мең-зең күйде болу, мәңгіру.* **2.** *Басы ауған жаққа жүру, қаңғыру.*

**ЗЕР[1]** зат. **1.** *Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланылатын әдемі, сары түсті қымбат металл, алтын, тілла.* **2.** *Алтын, күміс, мыс талшықтары араластырыла тоқылған қымбат мата, материал, оқа.* // *Зермен әшекейленген, безендірілген, зер жүргізілген.* **3.** *Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей.*

**Зер белбеу.** этн. *Алтын шытыралармен әшекейленген, зерленген белбеу.* **Зер жіп.** *Алтын яки күміс сымы; алтын мен күмістің жіңішке талшығы.* **Зер кілем.** *Зер шашақты, түкті кілем.* **Зер қазына.** *Алтын қоры.* **Зер салды.** *Зермен әшекейледі, зерледі.* **Зер сырға.** *Алтын сымынан нәзік те әшекейлі етіп жасаған сырға түрі.* **Зер тоқу.** *Зер жіптерін араластырып тоқу, өру.* **Зер төгу [шегу].** *Алтын, күміс, жез жіптермен кестелеу, зермен көркемдеп тігу.* **Зер ұстады.** *Зер салды, зерледі.* **Зер шашақ.** *Алтынды шашақ; түсті металл сияқты жіптен түйген шашақ.* **Зер шашақты алқа.** *Салпыншағы мол, бірнеше шашақты сәнді алқа.* **Зер шекті.** *Зерледі, зермен әшекейледі.*

**ЗЕР[2]** зат. *Зейін, ықылас, көңіл.*

**Зер аударды [тастады].** *Зер салды, көңіл бөлді, зейін қойды.* **Зер салды.** а) *Көңіл бөлді, назар аударды.* ә) *Ден қойды, ықылас аударды.*

**ЗЕР[3]** зат. *Малдың мұрнына өткізілетін шығыршық не сырға.*

**ЗЕРБАРАҚ** зат. *Зер шашақ; алтын сымнан, жіптен жасалған шашақ.*

**ЗЕРГЕК** зат. сөйл. ***Зергер.***

**ЗЕРГЕР** зат. **1.** <голл. juwelier> *Алтын мен күмістен сәндік бұйымдар мен әшекейлі заттарды зерлеп, айшықтап жасаушы ұста.* **2.** көне. *Кен орнын іздеп табушы, руда танушы; оның түр-түсін ажырата білетін маман.* **3.** ауыс. *Шебер, ұста.*

**Зергер балға**. *Ағаш сапты жеңіл балға.* **Зергер төсі**. *Алып жүруге жеңіл, қалаған жерге қойып жұмыс істеуге ыңғайлы, шағын төс.*

**ЗЕРГЕРЛЕ=** ет. сөйл. **1.** *Әшекейлеп, сәндеп жасау.* **2.** ауыс. *Көркемдеу, мәнерлеу.*

**ЗЕРГЕРЛЕН=** ет. *Зер сала әсемделу, әшекейлену.*

**ЗЕРГЕРЛЕНУ** *Зергерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРГЕРЛЕУ** *Зергерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРГЕРЛІК** зат. қолөнер. *Сән-салтанат үшін әшекейлі сәндік бұйым, жиһаз т.б. жасау өнері.*

**Зергерлік бұйымдар.** қолөнер. *Сырға, сақина, білезік т.б. сияқты ұста, шебер қолымен жасалған әшекейлер, әсем заттар.* **Зергерлік кәсібі.** қолөнер. *Әсемдік бұйымдарын жасау, алтын, күмістен әшекей заттарын соғу ісі, шеберлік өнері.* **Зергерлік құралдары.** *Зергерге қажетті шот, балға, шұбар балға, төс сияқты заттар.* **Зергерлік өнер.** қолөнер. *Әсемдік бұйымдарды, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, ат әбзелдерін әшекейлеу өнері.*

**ЗЕРГЕРХАНА** зат. *Заттар мен бұйымдар жасайтын шебердің орынжайы, шеберханасы.*

**ЗЕРГЕРШІ** зат. сөйл. ***Зергер.***

**ЗЕРДЕ[1]** зат. **1.** *Ақыл-ес, сана; зейін.* **2.** филос. *Ойлау қызметінің жоғарғы түрін білдіретін, пайымнан өзгеше философиялық категория.*

**Зерде аллеясы.** сөйл. *Ескерткіш аллея.* **Зәрде болды.** *Жүрегі шайылды, зәрезап болды, беті қайтты.* **Зерде салды [қойды]**. *Зейін қойды, көңіл бөлді, ынта салды.* **Зердесі [зердесіне] жетті**. *Санасы, ойы жетті; ақылына қонды.* **Зердесіне құйды**. *Санасына жеткізді, көкейіне қондырды.* **Зердесіне тоқыды [түйді].** *Көңіліне түйді, есіне сақтады.*

**ЗЕРДЕ[2]** зат. саят. **1.** *Қыран құсқа беру үшін түйенің шудасына оралған тұз.* **2.** *Аңға салатын бүркіт пен тазыны құстырған кезде бөлінетін зат, қоя.*

**Зере сауыт.** этн. *Кіреукенің арқасына, екі бүйіріне болат тақталар өріліп жасалатын батырлардың қорғану киімі.*

**ЗЕРДЕ-ЗЕЙІН** зат. *Ақыл-ес, сана-сезім.*

**ЗЕРДЕЛЕ=** ет. **1.** *Көңілге тоқу, ақылға салу, зейін қою.* **2.** ғыл. *Бақылау тәжірибесі арқылы алынған алғашқы (сандық) мәліметтерді түсіндіру, мәнісін талдау.*

**ЗЕРДЕЛЕН=** ет. *Көңілге тоқылу, зейін қойылу, зер салыну.*

**ЗЕРДЕЛЕНУ** *Зерделен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРДЕЛЕУ** *Зерделе етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРДЕЛІ** сын. *Ақылды, есті, саналы; зейінді.*

**Зерделі жан.** *Аңғарымпаз, түйсігі мол, көзі ашық адам.*

**ЗЕРДЕЛІК** зат. сөйл. ***Зерделілік.***

**ЗЕРДЕЛІЛІК** зат. *Ақылдылық, естілік, саналылық.*

**ЗЕРДЕСІЗ** сын. **1.** *Ақылсыз, санасыз.* // *Ақылсыз, санасыз адам.* **2.** *Зейінсіз, ықылассыз.*

**ЗЕРДЕСІЗДІК** зат. *Ақылсыздық, ессіздік, санасыздық; зейінсіздік.*

**ЗЕРЕ[1]** зат. *Бір нәрсенің астына қойылған зат; тіреу, тұғыр.*

**ЗЕРЕ[2]** зат. көне. **1.** *Орта ғасырлардағы түркілердің ұрыста жау жебесін денесіне дарытпау үшін киіп шығатын шынжыр сауытының бір түрі.* **2.** *Қазақ батырларының бір қабат киім сыртынан киетін әртүрлі металдардан ұзбелестіріп тоқыған ертеректегі сауыты.*

**ЗЕРЕ[3]** зат. **1.** *Азия, Африка елдерінің салты бойынша адам мұрнына өткізілетін шығыршық.* **2.** көне. *Ертеректегі сал-серілердің, қыз-келіншектердің мұрынға тағатын сырғасы.* **3.** *Малдың мұрнына өткізілетін шығыршық, сырға.*

**ЗЕРЕ[4]** зат. жерг. *Іші қуыс, өзі ұзын, сәукелемен бірге киетін баскиім.*

**ЗЕРЕ[5]** зат. өс. жерг. *Зире.*

**ЗЕРЕБЕ** зат. сөйл. ***Жеребе*** *(алғашқы таңдау құқығын немесе бірінші кезекті кімге беру керек деген мәселені қатысушылардың талайына (бақытына) қарай шешу шарты).*

**Зеребе салды [тастады].** *Мәселені жеребе арқылы шешті.*

**ЗЕРЕДЕЙ** сын. сөйл. ***Зәредей*** *(титтей, азғантай, кішкентай).*

**ЗЕРЕЗЕП: зерезеп болды.** сөйл. ***Зәрезап болды.*** **Зерезеп қылды.** сөйл. ***Зәрезап қылды.***

**ЗЕРЕК[1]** зат. бот. <лат. berberis> *Оңтүстік аудандардың тау бөктерлерінде өсетін, жемісі қара не қызыл түсті, тікенді бұта; сиыр қарақат.*

**ЗЕРЕК[2]** сын. **1.** *Ұғымтал, алғыр, зейінді, аңғарғыш.* **2.** ауыс. *Құмар, әуес.* **3.** ауыс. *Алғыр, жүйрік, ұшқыр.*

**Зерек туған**. *Айрықша ақылды, көкірегі ашық, білімді, көп оқыған, сауатты (адам).*

**ЗЕРЕКТІК** зат. *Алғырлық, ұғымталдық, зейінділік, аңғарғыштық.* **2.** психол. *Адамның өз маңындағы нәрселер мен құбылыстарды танып білудегі сезімталдығын, ақыл-ойының ұшқырлығын, ойлау әрекеттерінің оралымдылығын білдіретін даралық қасиеті.*

**ЗЕРЕКТІЛІК** зат. сөйл. ***Зеректік.***

**ЗЕРЕЛЕ=** ет. *Әшекейлеу, әрлеу; зер салу, зерлеу.*

**ЗЕРЕЛЕУ** *Зереле етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРЕЛІ[1]** сын. *Тіреуіші бар, тұғырлы.*

**ЗЕРЕЛІ[2]** сын. *Мұрнына өткізілген шығыршығы (сырғасы) бар.*

**ЗЕРЕН[1]** зат. этн. *Ағаштан жасалған, шұбат, қымыз құятын сәнді ыдыс; аяқ.*

**Зерен жүзді.** *Тостағандай дөңгелек бетті.* **Зерен шапан.** *Алтын, күмістің тезден өткен сымдары қосылып тоқылған матадан тігілген әшекейлі, сәнді шапан.*

**ЗЕРЕН[2]** зат. зоол. <лат. procapza gulturosa> *Жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын прокапра туысы.*

**ЗЕРЕН[3]** зат. көне. сөйл. ***Зере*** *(мұрынға тағатын сырға).*

**ЗЕРЕН[4]** зат. этн. *Алтын, күмістің тезден өткен сымдары қосылып тоқылған матадан тігілген әшекейлі, сәнді киім.*

**ЗЕРЕН[5]** зат. өс. жерг. *Қандағаш.*

**ЗЕРЕНДЕ=** ет. көне. *Тостағандап ішу.*

**ЗЕРЕНДЕУ** көне. *Зеренде етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРЕНДІК** зат. **1.** өс. *Құмды жерге шығатын бояу шөп.* **2.** *Өсімдіктен алынған бояу.*

**ЗЕРЕҢ** зат. сөйл. ***Зерен*** *(ағаштан жасалған сәнді шұңғыл ыдыс).*

**Зерең жүзді.** жерг. *Қызыл шырайлы, дөңгелек жүзді.*

**ЗЕРҚОҢЫЗ** зат. зоол. <лат. buprestidae> *Қоңыздар отряды Buprestidae тұқымдасының бір түрі.*

**ЗЕРЛЕ[1]=** ет. **1.** қолөнер. *Зермен нақыштау, сәндеу; алтындау.* **2.** ауыс. бейне. *Әшекейлеу, безендіру.*

**Зерлеп тігу.** *Алтын түсті жіппен әшекейлеп тігу.*

**ЗЕРЛЕ[2]=** ет. *Зер салу, зейін қою, көңіл аудару.*

**ЗЕРЛЕН=** ет. *Зер салыну, әшекейлену.*

**ЗЕРЛЕНУ** *Зерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРЛЕТ=** ет. *Зер салғызу, әшекейлету.*

**ЗЕРЛЕТУ** *Зерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРЛЕУ** *Зерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРЛІ** сын. *Зер салған, зерленген.*

**Зерлі бай.** *Алтыны көп бай.* **Зерлі білезік.** зерг. *Ою-өрнегі бар білезік.* **Зерлі орындық.** көне. *Алтын шытыралармен, асыл тастармен әшекейленген аса қымбат төсек ағаш; алтындалған төсек.* **Зерлі түйме.** зерг. *Алтын жалатылған сіркелі, ою-өрнекті түйме.*

**ЗЕРТ** зат. жерг. *Ықылас, құлық.*

**ЗЕРТАС** зат. <нем. Glasur> *Керамикаға қалыңдығы 0,15–0,30 мм-дей етіп жағылған шыны тектес зат; жабын.*

**ЗЕРТЕҢ** зат. мед. *Суық тиюден болатын өкпе ауруы.*

**ЗЕРТТЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің анық-қанығына жету, мән-жайын анықтау; шындықтың бетін ашу; іздену.* **2.** *Байқау, бақылау, тексеру.*

**ЗЕРТТЕГІШ** сын. *Зерттей алатын, зерттей білетін.*

**ЗЕРТТЕГІШТІК** зат. *Зерттей білетіндік, бақылағыштық.*

**ЗЕРТТЕЛ=** ет. *Зерттеу жүргізілу, тексерілу, қарастырылу.*

**ЗЕРТТЕЛУ** *Зерттел етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРТТЕЛІН=** ет. *Бақылану, тексерілу, байқау жүргізілу.*

**ЗЕРТТЕЛІНУ** *Зерттелін етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРТТЕМЕ** зат. *Зерттеу жұмысы, ғылыми еңбек.*

**ЗЕРТТЕТ=** ет. *Ғылыми түрде тексерту, қарастырғызу, бақылау жүргіздірту.*

**ЗЕРТТЕТУ** *Зерттет етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРТТЕУ[1]** зат. *Фактілер мен дәлелдемелерге негізделіп жүргізілген ғылыми жұмыс (еңбек).*

**Зерттеу әдісі.** ғыл. *Ғылыми ізденіс мақсатын шешетін амалдар.* **Зерттеу қағидасы.** ғыл. *Ғылыми ізденіс процесін ұйымдастырудың жалпы ұстанымдары.* **Зерттеу нәтижесі.** *Ғылыми ізденіс қорытындысы.* **Зерттеу нысаны.** ғыл. *Ғылыми талдауға, бақылауға алынған зат, құбылыс.* **Зерттеу реакторы.** физ. *Активті аймағы нейтрон мен γ-сәулелерінің көзі болатын ядролық реактор.*

**ЗЕРТТЕУ[2]** *Зертте етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕРТТЕУШІ** зат. *Ғылыми ізденіс жұмысын жүргізуші, тексеруші.*

**ЗЕРТТЕУШІЛІК** зат. *Ғылыми ізденіс жүргізушілік, тексерушілік.*

**ЗЕРТХАНА** зат. <көне лат. laboratorium> *Техникалық және ғылыми ізденіс тәжірибелерін жасайтын арнайы жабдықталған орын.*

**ЗЕРТІГІН** зат. қолөнер. *Зермен безендірілген ою-өрнек, әшекей.*

**ЗЕРШІЛ** сын. сөйл. ***Зерделі.***

**ЗЕРШІЛДІК** зат. сөйл. ***Зерделілік.***

**ЗЕРШІНӘС** зат. *Естігенін ұмытпай, есіне мықты ұстайтын кісі.*

**ЗЕРІГУ** *Зерік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалығу, іші пысу, мезі болу.* **2.** психол. *Айналысатын әрекеттің болмауынан адамның психологиялық беймаза күйге ұшырауы.*

**ЗЕРІК=** ет. *Жалығу, іші пысу, мезі болу.*

**ЗЕРІККЕНДІК** зат. *Жалыққандық, іші пысушылық, мезі болушылық.*

**ЗЕРІККІШ** сын. *Зеріге беруші, жалыққыш.*

**ЗЕРІКТІР=** ет. *Жалықтыру, мезі ету.*

**ЗЕРІКТІРЕРЛІК** сын. *Жалықтыратын, зеріктіретін.*

**ЗЕРІКТІРУ** *Зеріктір етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЕФИР** зат. тамақ. *Жеміс-жидек езбесіне жұмыртқаның ақ уызы мен қант қосып дайындалатын пастила түрі.*

**ЗИ** зат. *Араб әліпбиіндегі «з» дыбысының айтылуы.*

**ЗИАД** үст. ескі кіт. *Артық, жақсы.*

**ЗИБА: зиба бойлы.** сөйл. ***Зипа бойлы.***

**ЗИВЕРТ** зат. физ. *Сәуленің эквиваленттік дозасының бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшеу бірлігі. 1 Зв = 1 Дж/кг = $10^2$ бэр.*

**ЗИГОГАМИЯ** зат. биол. *Мицелийдің жыныс жасушалары немесе гаметангий деп аталатын, бір-бірінен мөлшері бойынша ажыратылатын, өзара қарсы бағытталған жасушалардың қосылуынан түзілетін жыныстық процесс.*

**ЗИГОМИЦЕТТЕР** [лат. zygomycetes] зат. бот. *Зигогамия жолымен (жынысты) көбейетін төменгі сатыдағы саңырауқұлақтардың бөлімі.*

**ЗИГОТА** [грек. zygōte] зат. зоол. *Аталық (сперматозоид) және аналық (овоцит) жасушалардың қосылуынан (ұрықтануынан) пайда болған бір жасушалы ұрық.*

**Зиготаның бөлінуі.** *Сперматозоидпен (аталық ұрық жасушасымен) ұрықтанған аналық ұрық жасушасының митоз арқылы бөлінуі; төлдің құрсақта өсуінің алғашқы сатысы.*

**ЗИККУРАТ** зат. сәулет. *Текше тәрізді тағанға тұрғызылып, биіктеген сайын сүйірлене түсетін параллелепипед немесе қиық пирамида түрінде қаланған баспалдақты алып мұнаралардың ғылымдағы атауы.*

**ЗІЛЗАЛА** зат. сөйл. ***Зілзала*** *(ауыр апат, аласапыран жағдай).*

**ЗИЛМАНКЕ** [ор. землянка] зат. сөйл. *Үй, лашық, баспана.*

**ЗИҚЫ** зат. *Маза, тыныштық.*

**ЗИНА** зат. *Нәпсіқұмарлық, жезөкшелік.*

**Зина қылды.** *Зинақорлық жасады.*

**ЗИНАҚОР** сын. *Нәпсіқұмар, жүргіш, жезөкше; зинашы.*

**ЗИНАҚОРЛЫҚ** зат. *Некесіз адамдардың жыныстық қатынас жасауы, мұсылмандық құқықта ауыр күнә болып саналатын, қазақ халқының дәстүрлі әдет құқығы бойынша адамгершілікке жат азғындық қылық ретінде жазғырылатын әрекет.*

**ЗИНАТ** зат. *Әшекей, ою-өрнек.*

**ЗИНАТЛЫҚ** зат. ескі кіт. *Әшекейлік, әсемдік.*

**ЗИНАҺАР** од. ***Зинһар*** *(абайла, абай бол, сақтан, сақ бол).*

**ЗИНАШЫ** зат. сөйл. ***Зинақор.***

**ЗИНГШПИЛЬ** [нем. Singspiel] зат. муз. *Комедиялық операның жанры.*

**ЗИНДЖАНТРОП** [лат. zinjanthropus] зат. археол. *Ежелгі адамдардың арғы тегі болып саналатын австралопитектердің бір түрі.*

**ЗИНУРАТ** зат. сәулет. *Жоғарғы алаңқайда діни қызмет атқаратын құрылысы бар, басқышты пирамидаға ұқсайтын құрылыс.*

**ЗИНҺАР** од. ескі кіт. *Сақтан, сақ бол, абай бол, абайла.*

**ЗИПА** сын. *Әдемі, әсем, сұлу, көрікті.*

**Зипа бой.** *Орта бойлы, сұлу мүсінді дене.*

**ЗИРАТ** зат. *Өлген кісіні жерлейтін орын; мола, бейіт; қабір үстіне тұрғызылған қорған.*

**Зират етті [қылды].** сөйл. ***Зиярат етті*** *(қайтыс болған адамның зиратына барып, бата оқыды, дұға қылды).*

**ЗИРАТНАМА** зат. сөйл. *Молалар, бейіттер, қабірлер.*

**ЗИРАТТАС=** ет. *Марқұмның моласына бірге барып, зиярат етісу.*

**ЗИРАТТЫҚ** сын. *Өлген адамды жерлеуге қажетті, зират боларлық жер.*

**ЗИРАТШЫ** зат. *Көр қазушы, қабірші.*

**ЗИРЕ** зат. өс. <лат. carum> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЗИРЕК** зат. өс. *Жабайы және мәдени түрде өсетін, қарақаттар тұқымдас, жартылай бұталы көпжылдық өсімдік.*

**ЗИТТЫҚ** зат. *Өштік, қастық, қаскүнемдік.*

**ЗИФА** сын. ескі кіт. ***Зипа*** *(әдемі, әсем, көрікті).*

**ЗИҺІН** зат. ескі кіт. ***Зейін.***

**ЗИҺІНДІ** сын. ескі кіт. ***Зейінді.***

**ЗИЫН** зат. сөйл. ***Зейін.***

**ЗИЫНДЫ** сын. жерг. ***Зейінді.***

**ЗИЯ** сын. *Нұрлы, сәулелі.*

**ЗИЯГҮЛ** зат. өс. <лат. senecio> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЗИЯД** сын. ескі кіт. *Көп, аса, өте, тым жақсы.*

**ЗИЯДА** сын. ескі кіт. *Көп, артық.*

**ЗИЯЛ** зат. көне. *Опат, қаза.*

**ЗИЯЛЫ[1]** зат. <лат. intelligens> **1.** *Оқыған, сауатты азамат, интеллигент.* **2.** *Парасатты, озық.*

**Зиялы қауым.** <лат. intelligens> *Зиялылар, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тарихи тұрғыдан түйсінетін, бағалай білетін, әлемдік және ұлттық мәдениет туындыларын талғампаздықпен белсенді игерген, бойында махаббат, ізгілік, әділеттілік сезімдері, басқа жанға, жалпы адамзат баласына сүйіспеншілігі мол, өзгенің ой-пікіріне төзімді, халықтың ақыл-ой, парасаты болып табылатын жеке тұлғалар шоғыры.*

**ЗИЯЛЫ[2]** сын. *Ізетті, білімді, мәдениетті, парасатты.*

**ЗИЯЛЫЛЫҚ** зат. <лат. intelligentis> **1.** *Адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.* **2.** *Мәдениеттілік, мәдениетті болушылық.*

**Зиялылық қуат.** *Ақыл-ой пәрмеңділігі, күші.*

**ЗИЯН** зат. **1.** *Зарар. // Зиян шегу, зиян тарту, зиян көру.* **2.** құқық. *Субъектінің басқа субъектіге немесе табиғатқа, қоршаған ортаға, адамдарға келтірген залалы.*

**Зиянға [белшеден] батты.** *Шығынға ұшырады, зиян шекті.* **Зиянға отырды.** жерг. *Шығынға батты.* **Зиянға ұшыратты.** *Зиян шектірді, залал келтірді.* **Зиян етті.** *Залал қылды, зарар етті, кесірі тиді.* **Зиян жасады.** *Кедергі келтірді, кесірі болды.* **Зиян келді.** *Кедергісі, кесірі тиді.* **Зиян келтіргені үшін жауаптылық.** құқық. *Азаматтың жеке басына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіргені үшін зиян келтірушінің жәбірленушіге оны толық көлемде өтеуге міндеттілігі.* **Зиян келтірді [етті, тигізді, салды].** *Шығынға батырды, кедергі болды, кесірі тиді.* **Зиян көрді [тапты, шекті].** *Шығынға ұшырады; пайда көрмеді.* **Зиян тартты.** *Зиян көрді, шығынға ұшырады.* **Зиян шектіру.** *Зиян келтіру, залалы тию.* **Зияны жоқ.** *Зиянсыз, залалы жоқ.* **Зияны тиді.** *Залалы тиді, зиян келтірді.*

**ЗИЯНДА=** ет. *Зиян тигізу, залал келтіру; бүлдіру.*

**ЗИЯНДАЛ=** ет. *Зиян келу, бүліну.*

**ЗИЯНДАЛУ** *Зияндал етістігінің қимыл атауы.*

**ЗИЯНДАН=** ет. *Зақымдану, бүліну.*

**ЗИЯНДАНҒЫШ** сын. *Зиян шеккіш, зақымданғыш.*

**ЗИЯНДАНУ** *Зияндан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗИЯНДАС** зат. *Зиян тигізіп, залал келтіретін адам.*

**ЗИЯНДАСТЫ** сын. көне. ***Зиянды.***

**ЗИЯНДАУ** *Зиянда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗИЯНДЫ** сын. **1.** *Пайдасыз, залалды.* **2.** *Кесірлі, кесапатты.*

**Зиянды бақашық қандала.** зоол. <лат. eurygaster integriceps> *Жартылай қатты қанаттылар немесе қандалалар отрядының қалқаншалы бақашықтар тұқымдасына*

*жататын жәндік.* **Зиянды кірме.** кен. *Кеннен алынған концентратта немесе алынған металдарда болатын әртүрлі заттар.* **Зиянды сәулелеге шалдығу.** физ. *Ядролық жарылыс кезінде жарқылды аумақ немесе отты шар түрінде шығатын, көрінетін, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелердің қуатты тасқынына тап болу, ұшырау.*

**ЗИЯНДЫҚ** зат. сөйл. ***Зияндылық.***

**ЗИЯНДЫЛАУ** сын. *Аздап зияны бар, залалдылау.*

**ЗИЯНДЫЛЫҚ** зат. *Зияны барлық, залалдық.*

**ЗИЯНДЫРАҚ** сын. *Зияны басымырақ, залалдырақ.*

**ЗИЯНКЕР** зат. *Зиянкес, қара пиғылды адам.*

**ЗИЯНКЕС**[1] зат. *Адам мен жануарлар организмінде әртүрлі ауру қоздырғышын тарататын және өсімдіктерді зақымдайтын жәндіктер мен жануарлар тобы.*

**ЗИЯНКЕС**[2] сын. *Зиян келтіретін, зардап шектіретін.*

**Зиянкес күштер.** миф. діни. *Адамзаттың жауы, үнемі адам баласын адастыруға, азғыруға тырысып, жаман істерге айдап салады-мыс деп саналатын, көзге көрінбейтін абстрактілі [денелер] ұғымдар.* **Зиянкес сорғыштар.** зоол. *Үшкір тұмсықты қан сорғыштардың жалпы атауы.*

**ЗИЯНКЕСТЕУ** сын. *Зияндылау, қаскүнемдеу.*

**ЗИЯНКЕСТІК** зат. **1.** *Зиянкес болушылық.* **2.** ауыс. *Қастық, дұшпандық.*

**ЗИЯНСЫЗ** сын. *Зияны жоқ, залалсыз.*

**ЗИЯНСЫЗДАНДЫР=** ет. *Залалсыздандыру, зиянсыз ету.*

**ЗИЯНСЫЗДАНДЫРУ** *Зиянсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗИЯНСЫЗДЫҚ** зат. *Зияны жоқтық, залалсыздық.*

**ЗИЯПА** зат. жерг. *Қонақтық, отырыс.*

**ЗИЯПАТ** зат. <франц. banquet>*Сыйсияпат, құрмет, қонақасы.*

**Зияпатын асырды**. *Артықша құрметтеді, ерекше сыйлады.*

**ЗИЯПАТТА=** ет. *Сыйлау, құрметтеу.*

**ЗИЯПАТТАУ** *Зияпатта етістігінің қимыл атауы; әбден бабына келтіру, ойдағыдай етіп орындау.*

**ЗИЯРАТ** зат. ескі кіт. ***Зират.***

**Зиярат етті.** діни. ескі кіт. *Әулиелердің зират басына қонып, құрбандық шалу, сол арқылы Алладан сұраған тілегін қабыл етуін сұрау, жақсылық тілеп жалбарыну.* **Зиярат қылды**. діни. *Әулиелі жерлерге барып, Аллаға құлшылық етті, аруаққа құран бағыштады.* **Зияратқа түнету.** *Әулиелердің моласының басына қондыру, Аллаға жалбарыну.*

**ЗИЯРАТХАНА** зат. *Зиярат қылатын жай, орын.*

**ЗИЯРАТШЫ** зат. *Зиярат қылушы, сиынушы.*

**ЗИЯТ**[1] сын. **1.** *Артық, жақсы.*

**Зият болды.** *Парасатты, айрықша ақылды болды.* **Зият болсын.** тілек. *Жақсылық болсын, оңғарылсын деген мағынада.*

**ЗИЯТ**[2] зат. психол. <лат. intellectus> *Индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы.*

**Зият тестілері**. психол. *Индивидтің ақыл-ой әлеуетін анықтауға арналған психологиялық диагностика әдістемелері.*

**ЗИЯТКЕР** зат. *Ақыл-ой қабілеті асқан адам, интеллектуал.*

**ЗИЯТКЕРЛІК** сын. *Жеке адамның интеллектуалдық ақыл-ой қабілетін дамытуға бағытталған.*

**Зияткерлік меншік**. құқық. *Азаматтық мүліктік құқықтар нысаны, жеке немесе ұжымдық зияткерлік еңбектің нәтижелеріне айрықша меншік.*

**ЗИЯТТАН=** ет. *Сыланып-сипану, әдемілену.*

**ЗИЯТТАНУ** *Зияттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗИЯТТЫ** сын. *Тым жақсы, аса қадірлі.*

**ЗИЯТТЫЛЫҚ: зияттылық коэффициенті**. <ағыл. intellectual guotient> пед. *Ақыл-ой жасының, тұлғаның шын хронологиялық жасына қатынасы.*

**ЗИЯФАТ** зат. сөйл. ***Зияпат*** *(сияпат, сый, тарту).*

**ЗНАК** зат. тар. *Би, болыстарға арнайы берілетін металдан істелген белгі.*

**ЗОБ** зат. мед. вет. *Йод жетіспеушіліктен қалқан безінің ісіп кетуі; жемсау ауруы.*

**ЗОБАЛАҢ** зат. *Ауыртпалық, сергелдең, қуғын-сүргін.*

**ЗОБАЛАҢДЫҚ** зат. *Ауыртпалық, сергелдең.*

**ЗОДИАК** [грек. zodiakos] зат. астр. *Күннің біржылдық көрінерлік жолының бойында (эклиптиказ бойымен) орналасқан 12 шоқжұлдыз.*

**ЗОДИАКАЛДЫҚ: зодиакалдық жарық.** геогр. *Батыста күн батқаннан кейін, шығыста күн шығар алдында көбінесе тропиктік аймақтарда нұрланып көрінетін жарық сәуле.*

**ЗОЛЬ** [нем. Sol] зат. физ. *Сұйық дисперсиялық ортасы бар дисперсиялық жүйе.*

**ЗОМАН** зат. әск. *Жалпы улы, жүйкені жансыздандыратын улағыш зат.*

**ЗОМБИ** [ағыл. zombi] зат. психол. *Африка мифіндегі өлік адам; басқа біреудің қалауымен іс-әрекеттер орындайтын адам.*

**ЗОМБЫ** зат. сөйл. ***Зомбылық.***

**ЗОМБЫЛЫҚ** зат. *Қорлық, зорлық, қиянат.*

**Зомбылық етті**. *Зорлық көрсетті, қиянат жасады.* **Зомбылық көрді**. *Зорлық көрді, қиянат шекті.*

**ЗОН** зат. жерг. *Жұқа ақ мата, бөтес.*

**ЗОНА** [грек. zónē] зат. геогр. **1.** ***Аймақ*** *(табиғи жағдайлары, флора, фауна т.б. ортақ Жер шарының белдеуі).* **2.** *Аралық бос жер, кеңістік алаң.*

**ЗОНАЛЫҚ** сын. ***Аймақтық*** *(зонаға тән, зонаға қатысты).*

**Зоналық өсімдік.** геогр. ***Аймақтық өсімдік*** *(өз алдына жеке аймақ жасайтын өсімдік).* **Зоналық топырақ.** геогр. ***Аймақтық топырақ*** *(әрбір географиялық зонаға тән топырақ түрі).*

**ЗОНД** [франц. sonde] зат. мед. *Ішкі мүшелерді зерттеу және емдеу үшін қолданылатын медициналық құрал; жіңішке түтікше.*

**ЗОНДТАУ=** ет. терм. *Зондтың көмегімен зерттеу.*

**ЗОНД-ШАР** зат. физ. *Ауа қабатын (атмосфераны) зерттейтін аспап.*

**ЗОНДЫЛА=** ет. *Ішке зонд жіберу, зондпен тексеру.*

**ЗОНДЫЛАУ=** ет. ***Зондтау.***

**ЗОҢ** зат. зоол. *Қарғаның түрі.*

**ЗОО...** [грек. zoon] *Жануарлар әлеміне қатысты күрделі сөздердің алғашқы бөлігі (мыс., зоология, зоогеография т.б.).*

**ЗООБАҚ** зат. *Әртүрлі хайуанаттар топтастырылған демалыс орны.*

**ЗООБЕНТОС** [грек. zoon – жануар, benthos – терендік] зат. зоол. *Теңіз бен тұщы су қоймаларының түбінде мекендейтін жануарлар жиыны.*

**ЗООВЕТЕРИНАР** зат. *Мал дәрігері, малшаруашылық маманы.*

**ЗООВЕТЕРИНАРЛЫҚ** сын. сөйл. ***Малдәрігерлік.***

**ЗООВЕТИНСТИТУТ** зат. *Малшаруашылық мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны.*

**ЗООГЕОГРАФИЯ** [грек. zoon – жануар, geōgraphia] зат. *Жер шарындағы жануарлар дүниесінің таралуы мен орналасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым; биогеографияның бөлімі.*

**ЗООГЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Зоогеографияға қатысты, зоогеографияға тән.*

**Зоогеографиялық аудандарға жіктеді.** *Жануарлар дүниесінің құрамы мен таралуы бойынша құрлықты табиғи аудандарға бөлді.* **Зоогеографиялық аудандастыру**. *Зоогеографиялық аудандарға бөлу.* **Зоогеографиялық карталар.** *Жануарлардың топтары мен түрлерінің географиялық таралуын бейнелейтін карталар.*

**ЗООГИГИЕНА** зат. *Жануарлардың денсаулығы мен өніп-өсуіне қажетті күтім шарттары.*

**ЗООГИГИЕНАЛЫҚ** сын. *Зоогигиенаға қатысты, зоогигиенаға тән.*

**ЗООДҮКЕН** зат. *Үйде ұстайтын ит, мысық, құс, балық сияқты әртүрлі жәндіктер және оларға қажетті жем, корек, ұя, тор т.б. заттар сатылатын арнайы сауда орны, дүкен.*

**ЗООИДТАР** зат. зоол. *Колониалдық түрде тіршілік ететін жануарлардың жеке дарағы.*

**ЗООКУМАРИН** зат. хим. *Қоймаларда, қора-қопсы мен тұрғын үйлердегі кеміргіштерді жоюға арналған иіссіз, ақ түсті кристалл.*

**ЗООЛАТРИЯ** [грек. zoon – жануар, latreia – бас ию, табыну] зат. миф. *Халық нанымы бойынша, кейбір жануарларды киелі, қасиетті санап, табыну, сиыну немесе шыққан тегін сол жануармен байланыстыру.*

**ЗООЛОГ** зат. *Зоология маманы, жан-жануарлар тіршілігін зерттеуші.*

**ЗООЛОГИЯ** [грек. zoon – жануар, logos – ілім] зат. **1.** *Жануарлар әлемінің көптүрлілігін, олардың құрылысы мен тіршілігін, таралуын, мекен ортасын, сол ортамен байланысын, жеке және тарихи даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.* **2.** *Мектептерде, оқу орындарында оқытылатын пәндердің бірі зоология оқулығы.*

**ЗООЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Зоологияға қатысты, зоологияға тән.*

**Зоологиялық диагностика әдісі.** зоол. *Топырақ құрамындағы және жеке топтағы топырақ құрамындағы омыртқасыз жәндіктерді биологиялық индикатор немесе негізгі көрсеткіш ретінде пайдалану.* **Зоологиялық қорықша**. зоол. *Қазақстанда тіршілік ететін жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғау мақсатында ұйымдастырылған арнайы аумақтар.* **Зоологиялық мелиорация**. сушар. *Табиғи және антропогендік нысандардың жай-күйін жақсартудың зоологиялық тәсілдерін қолдану арқылы мелиорациялық құрылыстың жұмыс істеуін жақсартуға бағытталған шаралар жүйесі.* **Зоологиялық саябақ**. зоол. *Жабайы жануарларды арнайы темір торда не табиғи орта жағдайына ұқсас қоршауда ұстайтын ғылыми-ағарту мекемесі.*

**ЗООМАССА** зат. зоол. *Белгілі бір табиғи ортадағы жануарлар биомассасының жиынтығы.*

**ЗООНИМ** зат. лингв. *Лингвистикалық зерттеудің объектісі ретіндегі жануарлардың жалқы есімдері.*

**ЗООНОЗДАР** [грек. zoon – жануар, nosos – ауру] зат. *Әртүрлі жабайы және үй жануарларынан жұғатын, адамдар мен жануарлардың жұқпалы аурулары.*

**ЗООПАРК** зат. сөйл. ***Зообақ.***

**ЗООПЛАНКТОН** зат. зоол. *Теңіздер мен тұщы суқоймалардың беткі қабатының әртүрлі тереңдігінде мекендейтін және суда қалқып тіршілік ететін жануарлар.*

**ЗООПСИХОЛОГИЯ** [грек. zoon – жануар, psychē – жан, logos – ілім] зат. *Жануарлар психикасы, осы деңгейдегі психикалық шағылудың көрінісі мен заңдылықтары туралы ғылым.*

**ЗООСПОРА** зат. зоол. *Төменгі сатыдағы жануарларда болатын споралар.*

**ЗООТЕХНИК** зат. *Малшаруашылығының басты маманы.*

**ЗООТЕХНИКА** зат. *Малшаруашылығы туралы ғылым.*

**ЗООТЕХНИКАЛЫҚ** зат. *Зоотехникаға тән, зоотехникаға қатысты.*

**ЗООТЕХНИЯ** [грек. zoon – жануар, technē – өнер, шеберлік] зат. *Мал өнімдерін (ет, сүт, жұмыртқа, жүн, тері т.б.) алу үшін малды өсіру, азықтандыру, бағып-күту және оны пайдаланудың тиімді жолдарын зерттейтін ауылшаруашылық ғылымы.*

**ЗООФАГ** [грек. zoon – жануар, phagos – жеп алушы] зат. зоол. *Басқа жануарлармен қоректенетін жануар.*

**ЗООФИЛ** зат. зоол. *Өсімдіктердің бал арасы. Жарғанат т.б. арқылы тозаңдандыру.*

**ЗООФИЛИЯ** зат. психол. **1.** *Өзінің сексуалды қажеттіліктерін жануарлармен қандыратын қалыптан тыс жыныстық қатынас.* **2.** зат. зоол. *Әдетте құрт-құмырсқа, қанаттылар, сүтқоректілер және жануарлар арқылы тозаңдану түрі.*

**ЗООХОРИЯ** [грек. zoon – жануар, chōreō – таратамын] зат. геогр. *Өсімдік жемістері мен тұқымдарының, жеміс-жидегі мен спораларының жануарлар арқылы таралуы.*

**ЗООЦЕНОЗ** [грек. zoon – жануар, koinos – жалпы] зат. зоол. *Негізінен бір биоценоз құрамына жататын, бір-бірімен өзара байланысты әрі бір-біріне тәуелді жануарлардың жиынтық тобы.*

**ЗООЦИТ** [грек. zoon – жануар, caedere – өлтіремін, жоямын] зат. хим. *Ауылшаруашылығына зиян келтіретін омыртқалы жануарларға, негізінен кемірушілерге (роденцидтер), оның ішінде егеуқұйрықтар (ратицидтер) мен құстарға (авиациттер) қарсы қолданылатын химиялық зат.*

**ЗОР**[1] зат. жерг. *Әл-күш, қуат.*

**ЗОР**[2] сын. **1.** *Ірі, үлкен, дәу.* **2.** *Мықты, күшті. // Мықты, күшті нәрсе, адам т.б.* **3.** *Ерекше, айрықша, орасан.* **4.** ауыс. сөйл. *Қатты, ауыр.* **5.** ауыс. *Көп, мол.* **6.** ауыс. *Қатты шығатын, ащы (дауыс).*

**Зор болды**. *Артық болды, асып түсті.* **Зордан емес, қолдан.** *Біреудің затын, иелігін, меншігін күш көрсетіп тартып алу емес, ақысын беріп, ризашылығымен алу.* **Зор денелі.** *Ірі, үлкен, еңгезердей.* **Зордың күшімен**. *Әрең-әрең, зорға дегенде.* **Зор жоқ.** *Зорлық жоқ.* **Зор көкірек [зор кеуде].** а) *Менмен, тәкаппар; өркеуде.* ә) *Үлкен жүрек, үмітті кеуде.* **Зор қасірет.** *Түзетуге келмейтін қателік, ауыр күнә; өшпес уайым.* **Зор қылды**. *Қастерледі, көтерді; өсірді.* **Зор өтті.** *Зорықты, күш түсті.* **Зор салды.** *Бар күшін сарп ете жұмсауға мәжбүрледі, шектен тыс нәрсені талап етті.* **Зор тұлғалы**. *Үлкен денелі, дәу, еңгезердей.* **Зор тұтты [санады].** *Артық көрді, мығым санады.* **Зор шықты**. *Мықты шықты, асып түсті.*

**ЗОР**[3] сын. жерг. *Тамаша, әдемі.*

**ЗОРАЙ=** ет. **1.** *Үлкею, ұлғаю.* **2.** *Күшею, үдей түсу.*

**ЗОРАЙҒАНДЫҚ** зат. *Ұлғайғандық, артқандық.*

**ЗОРАЙТ=** ет. *Үлкейту, ұлғайту.* **2.** *Күшейту, үдету.*

**ЗОРАЙТҚЫШ** зат. *Ұлғайтқыш, үлкейткіш құрал.*

**ЗОРАЙТУ** *Зорайт етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Ұлғайтыңқырау, үлкейтіңкіреу.*

**ЗОРАЙТЫҢҚЫРАУ** *Зорайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Үлкейе түсіңкіреу, ұлғайыңқырау.*

**ЗОРАЙЫҢҚЫРАУ** *Зорайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРАҢ** сын. жерг. *Ірі, үлкен, денелі.*

**ЗОРАТ** зат. жерг. *Шабылған шөптің, орылған егіннің үйіндісі.*

**ЗОРАУЫЗ** зат. зоол. *Балық түрі.*

**ЗОРАЮ** *Зорай етістігінің қимыл атауы; ұлғаю, өсу, арту.*

**ЗОРҒА** үст. *Әрең, әзер; зордың күшімен.*

**Зорға дегенде**. *Әзер-әзер, әрең дегенде.* **Зорға жетті.** *Көп уақыт өтіп, қиыншылықпен жетті.* **Зорға [әрең] құтылды.** *Бір нәрседен қиыншылықпен басын босатып алды.*

**ЗОРДАН** үст. сөйл. ***Зорға.***

**ЗОР-ЗОБАЛАҢ** зат. *Қиын-қыстау жағдай, ауыртпалық.*

**ЗОР-ЗОР** үст. *Үлкен-үлкен, көп-көп.*

**ЗОРЛА=** ет. **1.** *Күштеу, қинау, ырқына көндіру.* **2.** ауыс. *Әйелдің намысына тию, күшпен алу, қорлау.*

**ЗОРЛАН**[1]**=** ет. *Күштеу, өзін-өзі қинау.*

**ЗОРЛАН**[1]**=** ет. *Үлкею, іріленуy.*

**ЗОРЛАНУ** *Зорлан етістігінің қимыл атауы; қорлану, қиналу.*

**ЗОРЛАНУШЫЛЫҚ** зат. *Өзін-өзі күштеушілік, зорланғандық.*

**ЗОРЛАНЫҢҚЫРА=** ет. *Зорлана түсу, қиналыңқырау.*

**ЗОРЛАНЫҢҚЫРАУ** *Зорланыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРЛАНЫС=** ет. *Зор боп көрінісу, батырсу, күшейісу.*

**ЗОРЛАНЫСУ** *Зорланыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРЛАП-ЗОМБЫЛА=** ет. *Күш көрсету, қинау, зорлық жасау.*

**ЗОРЛАУ**[1] сын. *Зорырақ, үлкенірек.*

**ЗОРЛАУ**[2] *Зорла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зорлық көрсету, күштеу, ырықсыз көндіру.* **2.** психол. *Жәбірленушіге күш қолдана отырып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып, қауіп төндіріп, болмаса оның дәрменсіз жағдайын пайдаланып, жыныстық қатынас жасау.*

**ЗОРЛАУШЫ** зат. **1.** *Зорлық жасаушы, күш көрсетуші.* **2.** психол. *Жәбірленушінің келісімінсіз күш көрсету арқылы физиологиялық зауқын қанағаттандырушы.*

**ЗОРЛЫҚ** зат. **1.** *Қиянат, зәбір, өктемдік.* **2.** психол. *Өзінің материалдық немесе рухани мүддесін заңға және моральдық қалыптарға сыймайтын жолдармен қанағаттандыру бағытында жасалатын әрекет немесе әрекеттердің жиынтығы.* **3.** құқық. *Бір адамның екінші бір адамға оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпалы.*

**Зорлығы өтті.** *Тізесі батты, қорлығы өтті.* **Зорлық етті.** *Қысым жасады, күш көрсетті.* **Зорлық жасау [істеу].** *Қысым жасау, күш көрсету.* **Зорлық көрді**. *Біреуден қысым көрді, зәбір-жапа шекті, қор болды.* **Зорлыққа уысы толды.** *Зорлық-зомбылығы шектен шықты.* **Зорлық қылды [етті]**. *Қысым жасады, күш көрсетті, қинап, қорлады.* **Зорлық салды.** *Күш көрсетті, қысым жасады.*

**ЗОРЛЫҚ=** ет. *Күшею, зорлану.*

**ЗОРЛЫҚ-ЗОБАЛАҢ** зат. *Қорлық-зәбір, қауіп-қатер, азаптау-қинау.*

**ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** зат. *Қиянатқылмыс, зәбір-жапа.*

**Зорлық-зомбылық көрді.** *Зәбір-жапа көрді, азап шекті.*

**ЗОРЛЫҚСЫЗ** сын. *Зорлығы жоқ, зәбір-жапасыз, қиянатсыз.*

**ЗОРЛЫҚШЫ** зат. *Қиянат жасаушы, күш көрсетуші, зәбір көрсетуші.*

**ЗОРЛЫҚШЫЛ** сын. *Қиянатшыл, әділетсіз, зорлық көрсеткіш.*

**ЗОРЛЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Қиянатшылдық, қатыгездік, әділетсіздік.*

**ЗОРМАН** зат. <лат. citellus fulvus> **1.** *Ірі сары тышқан.* **2.** зоол. *Дене тұрқы 30-38 см-дей, арқасы қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқан.*

**ЗОРМЕНЕН** үст. жерг. *Зорға, әрең.*

**ЗОРОАСТРИЗМ** [ир. زرتشت ] зат. *Иран және Таяу Шығыс халықтарының арабтар жаулап алғанға дейінгі ескі діні.*

**ЗОРСЫН=** ет. *Өзін зор санау, мықтымсу.*

**ЗОРСЫНУ** *Зорсын етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРТАБАНДА=** ет. *Ырыққа көнбеу, қасарысу.*

**ЗОРЫҒУ** *Зорық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаршау, титықтау, болдыру.* **2.** психол. *Қоректік заттардың жетіспеуі немесе шамадан тыс жұмыс атқару салдарынан ағзаның әлсіреуі.*

**ЗОРЫҚ=** ет. **1.** *Шамадан тыс күш жұмсағандықтан әлсіреу, шаршау.* **2.** *Болдыру, титықтау.*

**ЗОРЫҚТЫР=** ет. *Әлсірету, болдырту, шаршату.*

**ЗОРЫҚТЫРУ** *Зорықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗОРЫМЕН** үст. сөйл. *Зордың күшімен, көп күш жұмсап.*

**ЗОРЫРАҚ** сын. *Үлкенірек, дәуірек.*

**ЗУ** елік. *Кенеттен зуылдап, зымырап тез өте шыққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Зу [зу-зу] етті.** *Көз ілеспей тез өте шықты, зуылдады, зымырады.*

**ЗУАВ** зат. әск. **1.** *Алжир тұрғындарының ішінен жасақталған Францияның колониялық әскерінің жауынгері.* **2.** *Түркия сұлтандары жалдамалы атқыштар бөлімінің жауынгері.*

**ЗУАЛА** [ир. زووالا ] зат. жерг. *Жаю үшін не нан пісіру үшін иленген қамыр күлшесі, иленген бір бөлек қамыр.*

**ЗУАНА** зат. жерг. *Зәре, құт.*

**ЗУБР** зат. зоол. <лат. bison bonasus> *Сүтқоректілер класының қуыс мүйіздіер тұқымдасына жататын жануар.*

**ЗУБР-БИЗОН** зат. зоол. *Зубр мен бизонды шағылыстыру арқылы алынған будан.*

**ЗУЗА** зат. көне. *Екі найза арасын шылбыр арқанмен торлап, үстіне шапан-шақпыт төсеп жұмсақтаған көтерме төсекше.*

**ЗУ-ЗУ** елік. *Кенеттен қайта-қайта зымыраған, зуылдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Зу-зу етті**. *Ары-бері зымырады, зулады.*

**ЗУҚИТ** сын. жерг. *Өтірікші, суайт.*

**ЗУҚЫМА** зат. жерг. *Өтірікші, суайт.*

**ЗУҚЫТ=** ет. жерг. жағымсыз. *Бөсіп сөйлеу, көку.*

**ЗУЛА=** ет. *Зымырау, зуылдау.*

**ЗУЛАТ=** ет. *Зымырату, зырылдату, тез қозғалу, жүйітку.*

**ЗУЛАТУ** *Зулат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗУЛАУ** *Зула етістігінің қимыл атауы.*

**ЗУМРЕТТАС** зат. геол. *Бериллий асыл тасының бір түрі.*

**ЗУМПФ** [нем. Sumpf] зат. тех. **1.** *Оқпан бойымен аққан судың жиналуына және көтергіш ыдыстарды (скип немесе көп қабатты клетті) орналастыруға арналған ең төменгі горизонт табанынан төмен жүргізілген оқпанның түбі.* **2.** *Су, көмір немесе таужыныс жиналатын бетоннан немесе металдан жасалған ыдыс.* **3.** *Су немесе су қоспасын (мыс., гидромеханикаландыру кезінде) жинау үшін таужыныстарда орнатылатын сыйымдылық.* **4.** *Барлау бұрғылауында бұрғылау алаңшасында ашылған онша терең емес түріндегі жуу ерітінділеріне арналған тұндырғыш.* **5.** *Қорамда тіреушігінің төменгі бөлігінде металл ағымының соққысын бәсеңдетуге арналып жасалған ойық.*

**ЗУРНА** зат. көне. муз. *Қазақ нөкерлерінің, батырлардың шайқас басталарда, ерекше жағдайларда және ұрыс кезінде тартатын музыкалық аспабы.*

**ЗУФИЛЛИН** зат. мед. *Қан тамырларының қызметін реттейтін дәрі.*

**ЗУХД** [ар. زهد ] зат. діни. *Сопылық ілімдегі бастапқы әрі негізгі құндылықтардың бірі.*

**ЗУЫЛ** зат. *Құстың, оқтың, ұшақтың тез ұшуынан шығатын зу-зу еткен дыбыс, үн.*

**ЗУЫЛДА=** ет. **1.** *Зу-зу еткен дыбыс шығару, ысқыру.* **2.** ауыс. *Зымырау, көз ілеспеу.*

**ЗУЫЛДАҚ** сын. *Зып-зып етіп сөйлей беретін, зыпылдақ; суқит.*

**ЗУЫЛДАТ=** ет. **1.** *Зу-зу еткізу.* **2.** *Зымырату, заулату.*

**ЗУЫЛДАТУ** *Зуылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗУЫЛДАУ** *Зуылда етістігінің қимыл атауы; жүректің тез соғуы, суылдауы.*

**ЗУХД** діни. *Дүниелікке әуес болмау.*

**ЗУҺРА** [ар. زهرة] зат. *Зергерлік бұйымдарға пайдаланылатын асыл тастардың бір түрі.*

**ЗУҺРАДАЙ** сын. *Зуһра сияқты, зуһра тәрізді.*

**ЗҰЛМАТ**[1] зат. зоол. *Суда тіршілік ететін зиянкес улы жәндік.*

**Зұлматтан сақтады.** *Пәле-жаладан қорғады.*

**ЗҰЛМАТ**[2] [ар. ظلمة] зат. **1.** *Түрлі табиғи апаттар (зілзала, топан су, өрт, жұт) мен төтенше саяси-әлеуметтік қиыншылықтарды білдіретін ұғым.* **2.** *Жеке адамның басына, әлеуметтік топқа немесе бүкіл қоғамға төнген саяси, экономикалық және әлеуметтік жойқын апаттардың жиынтығы.* **3.** *Қою қараңғылық, көзге түртсе көргісіз түнек.* **4.** ауыс. *Жауыздық, зұлымдық, зорлық, езгі.*

**ЗҰЛМАТТЫҚ** зат. *Зұлымдыққа бейімділік, жауыздық.*

**ЗҰЛПЫ**[1] [ар. زلف ] сын. көне. *Бұйра.*

**ЗҰЛПЫ**[2] зат. жерг. *Құлып салатын ілгек темір.*

**ЗҰЛПЫ**[3] зат. *Үлектің жотасынан тізесіне дейін ұзын болып салбырап өскен жүн.*

**ЗҰЛПЫҚАР** [ар. ذو الفقار ] зат. діни. **1.** *Көктен түскен төрт қылыштың бірі.* **2.** *Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) ұстаған қылыштың атауы.* **3.** *Аса таңдаулы өткір қылыш.* **4.** ауыс. *Сәйгүлік, жүйрік ат.*

**ЗҰЛПЫҚАРДАЙ** сын. *Зұлпықар сияқты, зұлпықар тәрізді.*

**ЗҰЛПЫН** зат. көне. *Шаш.*

**ЗҰЛПИЯ** [ор. сульфия] зат. өс. *Суармалы жерге бейімделген, биіктігі 2 м-дей, ұзақ жылдар өсіп-өніп өнім беретін, қолдан егілетін (мәдени), көпжылдық құнды өсімдік.*

**ЗҰЛФҰҚАР** зат. сөйл. ***Зұлпықар.***

**ЗҰЛЫМ** [ар. ظلم ] сын. *Сұм, сұрқия, қанішер, жауыз. // Қанішер, жауыз адам.*

**ЗҰЛЫМДЫҚ** зат. **1.** *Сұрқиялық, жауыздық.* **2.** *Кесірлік, зиян тигізушілік, жамандық.* **3.** діни. *Имансыздық, қиянат жасау, кісі ақысын жеу, қастық іс-әрекет.* **4.** қылмыс. *Жеке адамға, адамдар тобына немесе бүкіл адамзатқа қарсы жасалған қастық әрекет.*

**ЗҰЛЫМШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Зұлымдық***.

**ЗҰЛЫС** зат. *Оңтүстік Африка Республикасының Наталь аймағында қоныстанған, банту тобына жататын халық.*

**ЗҰМЫРТ** зат. сөйл. ***Зүмірт.***

**ЗҰРНА** зат. көне. сөйл. *Ертеректе қазақ батырлары, нөкерлері ұрыс басталарда, шайқас алаңында қолданған үрмелі аспап.*

**ЗҮБӘРЖАҒДАН** зат. көне. сөйл. ***Зүбәржат***.

**ЗҮБӘРЖАТ** [ар. زبرجد ] зат. **1.** зерг. *Сарғыш түсті рең беретін жасыл келген мөлдір минерал, зергерлік тас.* **2.** мин. *Берилдің мөлдір түрі $Cr^{3+}$ (2%-ға дейін) қоспасы мен қанық жасыл түске боялған 1-класты асыл тас.*

**ЗҮБӘРЖӘТ** зат. сөйл. ***Зүбәржат.***

**ЗҮБІРЖАҒДАН** зат. сөйл. ***Зүбәржат.***

**ЗҮБІРЖАТ** зат. сөйл. ***Зүбәржат***.

**ЗҮКІБАЙ** сын. жерг. *Өтірікші, суайт.*

**ЗҮЛЖӘЛАЛ** [ар. ذوالجلال ] зат. діни. *Құдай, Алла тағала, Тәңірі.*

**ЗҮЛПЕРІН** зат. сөйл. ***Зұлпықар.***

**ЗҮЛПЕРІНДЕЙ: Әлінің кеуір қырған зүлперіндей.** *Ерекше қасиетті, өте өткір қылыштай.*

**ЗҮЛПІ: зүлпі шаш.** көне. *Бұйра, толқынды шаш.*

**ЗҮЛФІ** зат. көне. *Асыл тастың бір түрі.*

**ЗҮМРАД** зат. сөйл. мин. ***Зүмірт.***

**ЗҮМІРЕТ** зат. сөйл. мин. ***Зүмірт***.

**ЗҮМІРТ** [ар. زمرد ] зат. мин. *Мөлдір, көкжасыл түсті асыл тас.*

**ЗҮМІРТТЕЙ** сын. *Зүмірт сияқты, зүмірт тәрізді.*

**ЗҮРИЯТ** [ар. ذريات ] зат. көне. *Ұрпақ, тұқым.*

**ЗҮРРӘТ** [ар. ذرة ] зат. жерг. *Мақтаның ұрығы, дәні.*

**ЗЫБАН**: **зыбан ұрды**. жерг. *Әлекке қалды, мазаланды.*

**ЗЫҒЫР**[1] зат. өс. <лат. linum> *Сабағынан талшық, дәнінен май алу үшін өсірілетін, зығыр тұқымдасына жататын біржылдық және көпжылдық тінді, талшықты, майлы екпе дақыл.*

**Зығыр бүргесі**. зоол. <лат. aphthona> *Зығырдың жапырақтары мен бүршіктерін зақымдайтын, жапырақ жегіш тұқымдасының қатты қанаттылар тобына жататын қоңыз; жапырақжегі.* **Зығыр майы**. *Зығырдан алынатын сұйық май.* **Зығыр тұқымдасы.** өс. <лат linaceae> *Көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Зығырына тиді.** *Ызаландырды, қытығына тиді.*

**ЗЫҒЫР**[2] зат. *Ашу, ыза, кек.*

**Зығыр атты.** жерг. *Шиыршық атты.* **Зығыры қайнады**. *Ашуы келді, ыза кернеді.*

**ЗЫҒЫР**[3] зат. бот. <лат. linaceae> *Шөптесін, бұташық, бұталы өсімдіктер тұқымдасы.*

**ЗЫҒЫРДАН** зат. сөйл. *Ашу, ыза.*

**Зығырданы қайнады.** *Ыза кернеді, ашу қысты.* **Зығырданын қайнатты.** *Ашуына тиді, ызасын келтірді.*

**ЗЫҒЫРДӘН** зат. өс. Зығырдың арасында өсетін арамшөп. *Жемісі ірі, пішіні жағынан зығырдың дәніне өте ұқсас.*

**ЗЫҒЫРЛА=** зат. жерг. *Асықтыру, тыныштық бермеу.*

**ЗЫҒЫРЛАН=** ет. *Ашу кернеу, ызалану.*

**ЗЫҒЫРЛАНУ** *Зығырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫҚЫ**: **зықын алды [кетірді].** *Мазасын кетірді, әуреге түсірді.*

**Зықысын шығарды.** *Мазасын алды, діңкелетті.* **Зықысы шықты**. *Әбігерленді, әбігерге түсті, мазасы кетті.*

**ЗЫҚЫМ**: **зықым көрсетті**. *Қысым көрсетті, қысты.*

**ЗЫҚЫМАТ** зат. жерг. *Озбырлық, зорлық-зомбылық.*

**ЗЫҚЫНА=** ет. жерг. ***Зіркілде***.

**ЗЫҚЫНАУ** *Зықына етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫЛМҰРАЙ** [ар. ذو المراعاة ] зат. жерг. *Молда.*

**ЗЫЛТ** сын. *Нағыз, хас.*

**ЗЫМҒА=** ет. *Заулау, зымырау, зулау.*

**ЗЫМҒАЙЫП** үст. сөйл. жерг. *Зым-зия, ізім-қайым, ұшты-күйлі.*

**ЗЫМҒАТ=** ет. *Заулату, зымырату.*

**ЗЫМҒАТУ** *Зымғат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫМҒАУ** *Зымға етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫМҒЫ=** ет. сөйл. ***Зымға***.

**ЗЫМДА=** ет. көне. *Зулау, зымырау.*

**ЗЫМДАН** зат. сөйл. ***Зындан.***

**ЗЫМ-ЗИЯ** үст. *Із-түзсіз, ұшты-күйлі.*

**Зым-зия болды [жоғалды].** *Із-түзсіз жоқ болып кетті, көрінбеді.* **Зым-зия жоғалды.** *Хабар-ошарсыз, жоқ болды.*

**ЗЫМИЯН**[1] зат. зоол. *Сарыштнақ.*

**ЗЫМИЯН**[2] сын. **1.** *Сұм, сұрқия, залым, қу.* **2.** ауыс. *Арам, айлалы, таза емес.*

**ЗЫМИЯНДАН=** ет. *Сұрқиялану, залымдану.*

**ЗЫМИЯНДАНУ** *Зымияндан етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫМИЯНДАУ** сын. *Сұрқиялау, залымдау.*

**ЗЫМИЯНДЫҚ** зат. *Қулық, сұмдық, сұрқиялық, арамзалық.*

**ЗЫМ-ҚАЙЫМ** үст. сөйл. *Ізім-қайым.*

**ЗЫМП** елік. *Зып еткен, тез қимылдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Зымп берді**. сөйл. *Зып берді, зып етті.*

**ЗЫМП-ЗЫМП** елік. *Зуылдаған, заулаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Зымп-зымп етті.** сөйл. *Зу-зу етті, зырылдады.*

**ЗЫМПУ: зымпу сөз.** *Дәйексіз, бос сөз.*

**ЗЫМЫРА=** ет. **1.** *Зулау, зырқырау, зырылдау.* **2.** ауыс. *Өмірдің, уақыттың көзді ашып- жұмғанша өте шығуы.*

**ЗЫМЫРАҚ** зат. зоол. *Шағын денелі, құрылысы күрделі, көп жасушалы омыртқасыз жәндік.*

**ЗЫМЫРАН**[1] зат. **1.** зоол. <лат. alcedo atthis> *Кішкентай ұшқыр құс.* **2.** жаңа. <нем. Rakete> *Реактивті қозғалтқышы бар ұшқышсыз ұшатын аппарат; ғарыш кемесі. // Жүйрік, ұшқыр.*

**ЗЫМЫРАН**[2] зат. зоол. жерг. *Сарыштнақ.*

**ЗЫМЫРАН**[3] зат. зоол. <лат. alcedinidae> *Көкқарға тектестер отрядының тұқымдасы.*

**ЗЫМЫРАНДАЙ** сын. *Зымыран сияқты, зымыран тәрізді.*

**ЗЫМЫРАНДЫ** сын. *Зымыран орнатылған, зымыраны бар.*

**ЗЫМЫРАНТАСЫҒЫШ** зат. тех. *Пайдалы жүкті (Жердің жасанды серігі, ғарыш кемелері, ғаламшараралық автоматты стансылар т.б.) ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған көп сатылы (2–5 сатылы) ракета.*

**ЗЫМЫРАС=** ет. *Зуласу, зырқырасу.*

**ЗЫМЫРАСУ** *Зымырас етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫМЫРАТ=** ет. **1.** *Зулату, зырқырату.* **2.** *Мәшинені, техниканы тез жүргізу, зырылдату.*

**ЗЫМЫРАТУ** *Зымырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫМЫРАУ** *Зымыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зырылдау, жүйтку.* **2.** ауыс. *Өмірдің, уақыттың тез өтуі.*

**ЗЫМЫРАУЫҚ**[1] зат. *Қойдың ортан жілігінің жамбас ұясына кіріп тұратын тоқпан басын тесіп, жұмыр ағаш өткізіп жасаған ойыншық (юла).*

**ЗЫМЫРАУЫҚ**[2] сын. *Зуылдап тез ұшатын, ұшқыр.*

**ЗЫМЫРЫҚ** зат. сөйл. құс. *Ұшқыр, зуылдап, тез ұшатын құс.*

**ЗЫМЫРЫҚТАЙ** сын. *Зымырық сияқты, зымырық тәрізді.*

**ЗЫМЫСТАН** [ар. زمستان ] зат. **1.** көне. ***Қыс.*** *// Қатты, адам төзгісіз.* **2.** ауыс. *Қорлық, азап, пәле, қиындық. // Айлакер, қу, сұм.*

**ЗЫМЫСТАНДАЙ** сын. *Ауыр, қиын, адам төзгісіз.*

**ЗЫН** зат. жерг. *Көз қыры, назар, зейін.*

**ЗЫНДАН** [ир. زندان] зат. **1.** көне. *Тұтқынға, қолға түскен адамдарды қамап ұстау үшін жер астынан қазылған терең ор.* **2.** *Түрме, абақты.* **3.** ауыс. *Түнек, қапас; қараңғылық.*

**Зынданға салды [тастады].** *Терең орға қамады; абақтыға жапты.* **Зынданға салды.** *Қамады, тас қапасқа, зынданға түсірді.*

**ЗЫНДАНБАСЫ** зат. көне. *Зынданды күзетуші.*

**ЗЫНДАНДА=** ет. *Зынданға салу, түрмеге жабу, қамауға алу.*

**ЗЫНДАНШЫ** зат. көне. *Зындан күзетшісі, қарауыл.*

**ЗЫҢ** елік. *Шың еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зың етті**. а) *Зу етті.* ә) *Басы зеңіп ауырды, дың ете қалды.*

**ЗЫҢ=** ет. жерг. *Лақтыру.*

**ЗЫҢҒЫРА=** ет. сөйл. ***Сыңғырла***.

**ЗЫҢҒЫРАУ** *Зыңғыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫҢҒЫРЛА=** ет. *Дыңғырлау, заулау, құлдилау.*

**ЗЫҢҒЫРЛАУ** *Зыңғырла етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫҢҒЫТ=** ет. жерг. *Лақтыру.*

**ЗЫҢ-ЗЫҢ** елік. *Даң-дұң, у-шу, зу-зу еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зың-зың етті.** а) *Қайта-қайта зыңылдады.* ә) *Зыңылдап ауырды, дыңылдады.*

**ЗЫҢҚ** елік. *Саңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зыңқ етті.** *Саңқ етті.*

**ЗЫҢҚЫЛДА=** ет. ***Саңқылда.***

**ЗЫҢЫЛ** зат. *Зыңылдаған үн, дыбыс.*

**ЗЫҢЫЛДА=** ет. **1.** *Ызыңдау, зың-зың ету, шыңылдау.* **2.** сөйл. *Сыңғыр қағу, сыңғырлау.*

**ЗЫҢЫЛДАТ=** ет. *Дыңылдату, зың-зың еткізу.*

**ЗЫҢЫЛДАТУ** *Зыңылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫҢЫЛДАУ** *Зыңылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫП** елік. *Тез, шапшаң қимылды бейнелейтін сөз.*

**Зып берді [қойды].** *Жүрісіне көз ілеспеді, жалт берді, өте шапшаң қозғалды.* **Зып дегізді.** а) *Білдірмей қағып кетті, іліп кетті, сып еткізді.* ә) *Тез айта қойды.*

**ЗЫП=** ет. жерг. *Тез жүру.*

**ЗЫП-ЗЫП** елік. *Зуылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зып-зып етті.** а) *Зу-зу етті, зуылдады.* ә) *Жып-жып етті, зыпылдады, тез сөйледі.*

**ЗЫПТА=** ет. *Зып ету, лезде жоқ болу, кетіп қалу, әп-сәтте көзден таса болу.*

**ЗЫПЫЛДА=** ет. *Зып-зып ету, тез-тез сөйлеу.*

**ЗЫПЫЛДАҚ** сын. *Зыпылдап қалған, аузы-аузына жұқпайтын, өсекші.*

**ЗЫПЫЛДАУ** *Зыпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫПЫҢДА=** ет. сөйл. ***Зыпылда.***

**ЗЫПЫҢДАУ** *Зыпыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫР** елік. *Шыр айналған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зыр айналды.** *Тез жүрді.* **Зыр айналдырды.** *Шыр айналдырды, шыр көбелек айналды.* **Зыр ете қалды.** *Азар да безер болды, бебеу қақты.* **Зыр еткізді.** *Мәшинемен жетіп келді, тез жетті.* **Зыр етті [ете қалды].** а) *Азар да безер болды, бебеу қақты.* ә) *Лезде, көзді ашып-жұмғанша жетіп келді.* **Зыр жүгірді.** а) *Зымырады, заулады.* ә) *Әбігерге түсті де қалды, әуре-сарсаң болды.* **Зыр қақты.** *Бір орнында тұрмады, зыр жүгірді.*

**ЗЫРҒУ** *Зырғы етістігінің қимыл атауы; зымырау, зыпылдау, зуылдау.*

**ЗЫРҒЫ=** ет. *Зымырау, зырқырау.*

**ЗЫРҒЫТ=** ет. *Зымырату, зырқырату.*

**ЗЫРҒЫТУ** *Зырғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫР-ЗЫБЫЛ** сын. *Асқан жүйрік, ұшқыр, жылдам.*

**ЗЫР-ЗЫР** елік. **1.** *Тез зымырағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Шыр көбелек айнала бергендегі дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зыр-зыр етті.** а) *Тоқтаусыз зырылдады.* ә) *Зар қақты, безектеді.* **Зыр-зыр қақты.** *Зырылдады, әрлі-берлі жүрді.* **Зыр-зыр қашты.** *Қолды-аяққа тұрмай, безек қақты, жолатпады.*

**ЗЫРҚ** елік. *Солқ еткенді, күтпеген жерден төмен түсіп кеткендегі күйді бейнелейтін сөз.*

**Зырқ етті.** а) *Қатты шаншып ауырды (көбінесе бас пен жүрекке қатысты айтылады).* ә) *Тұла бойы түршігіп кетті, жағымсыз сезім пайда болды.*

**ЗЫРҚ-ЗЫРҚ** елік. *Қайта-қайта зырқылдаған, солқылдаған күйді бейнелейтін сөз.*

**Зырқ-зырқ етті.** *Солқ-солқ етті, зырқылдады.*

**ЗЫРҚЫЛ** зат. *Зырқ-зырқ еткендік, солқылдағандық.*

**ЗЫРҚЫЛДА=** ет. *Зырқ-зырқ ету, солқылдау.*

**ЗЫРҚЫЛДАТ=** ет. *Зырқ-зырқ еткізу, солқылдату.*

**ЗЫРҚЫЛДАУ** *Зырқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫРҚЫРА=** ет. **1.** *Зымырау, заулау.* **2.** *Шыр айналып үйірілу, тоқтамай айналу.* **3.** ауыс. *Тоқтамау, бөгелмеу, зырылдау.* **4.** ауыс. *Сырқырау, қақсау.*

**ЗЫРҚЫРАТ=** ет. *Зымырату, зырлату.*

**ЗЫРҚЫРАТУ** *Зырқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫРҚЫРАУ** *Зырқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫРЛА[1]=** ет. *Зымырау, заулау; зулау.*

**ЗЫРЛА[2]=** ет. жерг. *Зарлау, қақсау.*

**ЗЫРЛАТ=** ет. *Құйындату, ағызу, ағындату.*

**ЗЫРЛАТУ** *Зырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫРЛАУ** *Зырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зуылдау, тез өту.* **2.** *Құйылу, төгілу.*

**ЗЫРЛАУЫҚ** зат. сөйл. ***Зырылдауық.***

**ЗЫРЛАУЫҚТАЙ** сын. сөйл. ***Зырылдауықтай.***

**ЗЫРЫЛ** зат. *Зырылдаған дыбыс, үн.*

**Зырыл қақты.** *Зырлады, зырылдады, тез айналды, тоқтамады.*

**ЗЫРЫЛДА[1]=** ет. **1.** *Зымырау, заулау.* **2.** ауыс. *Зыр қағу, зыр айналу, тоқтамау.* **3.** ауыс. *Зуылдау, тез өту.*

**ЗЫРЫЛДА[2]=** ет. *Сыздау, сырқырау, ашып ауыру.*

**ЗЫРЫЛДАТ=** ет. *Зымырату, зуылдату; зыр-зыр еткізу.*

**ЗЫРЫЛДАТУ** *Зырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫРЫЛДАУ** *Зырылда етістігінің қимыл атауы, зымырау.*

**ЗЫРЫЛДАУЫҚ[1]** зат. **1.** көне. *Дабыл қағу, мал үркіту үшін жасалған құрал.* **2.** муз. *Қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі.*

**ЗЫРЫЛДАУЫҚ[2]** зат. **1.** *Өзөсінде зырылдап айналатын, әртүрлі мақсатқа қолданылатын құрал.* **2.** *Желге қарсы зырылдатып ойнайтын айналмалы ойыншық. // Тынымы жоқ, мазасыз.*

**ЗЫРЫЛДАУЫҚ[3]** зат. сушар. *Арнадағы ағыс жылдамдығын өлшеуге арналған құрал.*

**ЗЫРЫЛДАУЫҚТАЙ** сын. *Зырылдауық сияқты, зырылдауық тәрізді.*

**ЗЫРЫЛДАУЫҚША** үст. *Зырылдауық тәрізді, зырылдауыққа ұқсап.*

**ЗЫТ=** ет. *Аяғы-аяғына тимей қашу.*

**Зыта жөнелді.** *Тайып тұрды, тұра қашты, тырағайлап қашты.* **Зытып берді.** *Зыта жөнелді, тайып тұрды.* **Зытып отырды.** *Тайып тұрды, кетіп қалды.*

**ЗЫТТИ=** ет. жерг. *Бақыраю, алару.*

**ЗЫТТИЮ** *Зытти етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫТТЫР=** ет. сөйл. ***Зытыр.***

**ЗЫТТЫРҒЫЗ=** ет. сөйл. *Бездірту, үрке қашуға мәжбүр ету; тығылдыру.*

**ЗЫТТЫРУ** *Зыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫТУ** *Зыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЗЫТЫР=** ет. **1.** *Жасырын жөнелту, қашырып жіберу.* **2.** *Лақтыру, шығарып тастау.* **3.** ауыс. *Ұрлау, қымқыру, лып еткізіп жасыра қою.*

**ЗЫТЫРУ** *Зытыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІКІН=** ет. *Зеку, зекіру, дауыс көтеру, әкіреңдеу.*

**ЗІКІНУ** *Зікін етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІКІҢ** зат. сөйл. ***Дікің.***

**ЗІКІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Дікіңде.***

**ЗІКІҢДЕУ** *Зікіңде етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІКІР** [ар. ذكر ] зат. діни. **1.** *Алла тағаланы еске алу, оны ұмытпай, үнемі ойлау.* **2.** *Ауру адамдарды емдеу үшін бақсылар айтатын діни сарын.*

**Зікір айтты.** діни. *Аллаға мадақ айтып, есімдерін қайталап, оны еске алды.* **Зікір айту.** *Ғибадаттың, құлшылықтың бір түрі ретіндегі Алланың есімдерін әртүрлі дұғалар, Құран сүрелерін іштей немесе сырттай айту арқылы Алланы еске алу.* **Зікір салған бақсыдай.** *Еліріп, долырып.* **Зікір салды [етті].** а) *Алланы еске алып, құлшылық етті.* ә) *Бақсылық етті, ұшкірді.* **Зікір салдырды.** *Дұға оқу арқылы ұшкіртті.* **Зікір түсірді.** *Зікір салды, зікір айтты.*

**ЗІКІРСІЗ** сын. *Зікір айтпаған, аузында зікірі жоқ, үнемі Алланы еске алмайтын.*

**ЗІКІРХАНА** [ар. ذكرخانه ] зат. көне. *Зікір айтатын орын, арнаулы бөлме.*

**ЗІКІРШІ** зат. *Зікір салушы, бақсылық етуші.*

**ЗІЛ[1]** зат. **1.** *Ауырлық, салмақ.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық, бейнет.* **3.** ауыс. *Ашу, ыза, кек; сес, ызғар.*

**Зіл басты.** *Ауырлық түсті, өзін ауыр сезінді.* **Зіл батпан.** *Ап-ауыр, зіл көтерем, қозғалтпайтындай ауыр.* **Зіл көрсетті.** *Күш көрсетті, сес қылды.* **Зіл көтерем.** *Ап-ауыр, зілдей.* **Зіл қара тас [тастай].** *Зіл батпан, өте ауыр, зілмандай.* **Зіл қара түн.** *Тастай қараңғы, тымырсық, ауасы ауыр түн.* **Зіл салды.** *Сес көрсетті, кәрін төкті.* **Зіл тастады.** *Кәрленді, сес қылды, ауыр сөз айтты.* **Зіл төкті.** *Кәр төкті, қаһар көрсетті.* **Зілі қатты.** *Салмағы ауыр, салдары көп, адамның көңілін жаншып тұратындай, сұмдық.*

**ЗІЛ[2]** зат. *Бақша дақылдарын зақымдайтын ауру.*

**ЗІЛ[3]** зат. мед. **1.** *Эпителий ұлпасының шала жетілген жасушасынан тұратын уытты ісік.* **2.** жерг. *Жарадан ағатын ірің.* **3.** жерг. *Жылқы кеңсірігінде болатын ауру, маңқа.*

**ЗІЛ[4]** зат. көне. зоол. <лат. mammuthus primigenius> *Еуразия мен Солтүстік Америка жерінде соңғы геологиялық дәуірде тіршілік еткен еттұмсықты, сүтқоректі жануарлардың жойылған түрі.*

**ЗІЛДЕЙ** сын. *Зіл сияқты, зіл тәрізді.*

**Зілдей ауыр.** *Зіл батпан, өте ауыр.* **Зілдей ауырлық.** *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**ЗІЛДЕН=** ет. *Зіл тастау, ызғарлану.*

**ЗІЛДЕНДІР=** ет. *Ызғарландыру, зіл тастау.*

**ЗІЛДЕНДІРУ** *Зілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІЛДЕНУ** *Зілден етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІЛДІ** сын. *Ызғарлы, сесті.*

**Зілді сөз.** *Кісінің көңілін қалдырарлық өте ауыр сөз.*

**ЗІЛДІ-ЗІЛДІ** сын. *Өте ауыр, ызғарлы, сесті.*

**ЗІЛДІЛЕУ** сын. *Зілдірек, қатаңдау.*

**ЗІЛДІЛІК** зат. *Ауырлық, зардаптылық.*

**ЗІЛДІРЕК** сын. *Зілі басымдау, зілділеу.*

**ЗІЛЗАЛА** [ар. زلزال ] зат. **1.** *Табиғат апаты, жер сілкінісі.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**Зілзала нәубеті.** *Жер сілкінісінен болған зардап, шығын.*

**ЗІЛ-ЗАЛАЛ** сын. *Дүлей ашу, сұмдық күшті алапат сезім.*

**ЗІЛ-ЗАПЫРАН** зат. *Ашу-ыза, кек.*

**ЗІЛЗӘЛЕ** зат. сөйл. **1.** ***Зілзала*** (*апат*). **2.** ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**ЗІЛ-КЕК** зат. *Ашу-ыза, өштік, қастық.*

**ЗІЛ-ҚАЙҒЫ** зат. *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**ЗІЛМАН** сын. *Ауыр, зілдей.*

**ЗІЛМАУЫР** сын. *Зілдей, ап-ауыр.*

**ЗІЛМАУЫРДАЙ** сын. *Зілдей, батпандай.*

**ЗІЛМӘНКЕ** зат. жерг. *Жер үй.*

**ЗІЛМЕНДЕЙ** сын. сөйл. жерг. ***Зілдей.***

**ЗІЛСІЗ** сын. *Зілі жоқ, кексіз; жеңіл.*

**ЗІЛСІЗДЕУ** сын. *Жеңілдеу, риясыз.*

**ЗІЛТЕМІР** зат. жаңа. спорт. <нем. Stange> *Қолға ұстауға ыңғайлы темірдің екі жағына әртүрлі салмақтағы дискілер кигізілген, ауыр атлетикамен айналысатын спортшы көтеретін зат.*

**ЗІЛТЕМІРШІ** зат. спорт. *Зілтемір көтеретін спорт түріне қатысушы.*

**ЗІЛІНДЕ** үст. көне. *Түптің түбінде.*

**ЗІМБІР** зат. бот. *Тропиктік өсімдіктің кептірілген тамыр сабағы.*

**ЗІМПАРА** зат. **1.** геол. *Құрамында корунд, магнетит, гематит, кварц сияқты минерал қоспалары бар ұсақ түйіршікті тау жынысы.* **2.** *Наждак қағазы.*

**ЗІН** [ар. ذهن ] зат. ескі кіт. *Зейін, ден, көңіл.*

**Зіні кетті.** *Аңсары ауды, көңілі, ықыласы түсті.*

**ЗІНӘ** [ар. زناء ] зат. жерг. *Жеңіл жүріс, зинақорлық.*

**ЗІНЖІР** зат. сөйл. ***Шынжыр.***

**ЗІНЖІРЛЕН=** ет. сөйл. ***Шынжырлан*** *(шынжыр салыну).*

**ЗІНҺАР** [ир. زنهار] үст. ескі кіт. *Алайда.*

**ЗІҢГІТ** сын. көне. ***Үлкен.***

**ЗІҢГІТТЕЙ** сын. **1.** *Үлкен, ірі.* **2.** *Дардай, соқталдай, еңгезердей.*

**Зіңгіттей жігіт [азамат].** *Есейіп өскен, толысып жетілген жігіт.*

**ЗІҢКИ=** ет. жерг. *Сораю, биіктеу.*

**ЗІҢКИЮ** *Зіңки етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІП-ЗІЛ** сын. *Ап-ауыр, зіл-батпан.*

**ЗІП-ЗІЛДЕЙ** сын. *Ап-ауыр, батпандай.*

**ЗІПІН** зат. жерг. *Сана, парасат, зейін.*

**ЗІРЕ**[1] зат. көне. *Сауыт, қорғаныс үшін киілетін зат.*

**ЗІРЕ**[2] зат. өс. сөйл. *Зире.*

**ЗІРК** елік. *Аяқ астынан, ойламаған жерден дүңкілдеген, зырқ етіп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зірк етті.** *Зіркілдеді, зекіді.*

**ЗІРК-ЗІРК** елік. *Қайта-қайта зіркілдеген, діңкілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Зірк-зірк етті.** *Зекіп ұрысты, зіркілдеді, дікіңдеді.*

**ЗІРКІЛ** зат. **1.** *Зірк-зірк еткен үн, дүрсіл.* **2.** *Зіркілдеушілік, ұрсушылық, ашу шақырушылық.*

**Зіркіл қақты.** *Солқ-солқ етті, зірк-зірк етті.*

**ЗІРКІЛДЕ=** ет. **1.** *Жұмыс істеп тұрған техниканың тарсылдауы, гүрсілдеуі.* **2.** *Ашу шақыру, дікіңдеу; зірк-зірк ету.*

**ЗІРКІЛДЕТ=** ет. *Зірк-зірк еткізу, дүңкілдету.*

**ЗІРКІЛДЕТУ** *Зіркілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІРКІЛДЕУ** *Зіркілде етістігінің қимыл атауы.*

**ЗІРКІЛДЕУШІ** зат. *Зекіп ұрсушы, дікіңдеуші.*

**ЗІРІК** зат. өс. *Бөріқарақаттың (сарағаштың) бір түрі. Сопақша келген жемісі болады. Түсі қара, кейде қызғылт, дәмі қышқылтым. Өсімдіктің қабығынан сары бояу алынады.*

# И

**И**[1] зат. **1.** *Қазақ сөздерінде қатар келген қысаң, езулік жіңішке і және ы дауысты дыбыстары мен еріннің жайылып, тартылуы арқылы жасалатын үнді й дауыссызының тіркесін, орыс немесе басқа тілдерден енген сөздерді, дауысты жіңішке қысаң дыбысты таңбалайтын әріп.*

**И**[2] зат. *Қатық, айран, ашытқан көже немесе ұнға тұз қосып жасаған, мал терілерін илеуге, өңдеуге арналған малма.*

**И болды.** а) *Иден шығарып тезге салған тері жұмсарды.* ә) *Үнжырғасы түсті, жуасыды, басылды, момын болды.* б) *Көндікті, бастықты, шыдады.* **И қылды.** *Езді, еңсесін басты.* **Иі жұмсақ [жұмсағырақ].** а) *Айтқанға көнгіш, көңілшек, жуас, момын.* ә) *Аққөңіл, босаң.* **Иі жұмсарды.** *Көңілденді, жібіді, босады.* **Иі қанды.** а) *Әбден жұмсарды, өңделді.* ә) *Әбден шынықты, бабына келді.* **Иі қатты.** *Айтқанынан қайтпайтын томырық, бір бет, тоң мінезді.* **Иі түсті.** а) *Жүні жығылды, сағы сынды; жуасыды.* ә) *Тозды, ескірді, қыры сынды.*

**И=** ет. **1.** *Ағаш, темір сияқты заттарды майыстыру, доға түрінде бүгу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге икемдеп келтіру, көндіру, бағындыру.* **3.** ауыс. *Орағыту, айналдыру, бұру.*

**ИАНАЛДЫРЫҚ** зат. көне. *Ерте кезде жауын-шашыннан қорғану үшін баскиімнің үстінен киген жамылғы.*

**ИАНАТТА=** ет. ескі кіт. ***Ғайбаттау.***

**ИАСТИЛ** зат. фарм. *Тыныс демікпесі мен созылмалы бронхит ауруын емдейтін дәрі.*

**ИӘ** шыл. **1.** *Мақұлдау, келісу, растау, қоштауды білдіру ретінде айтылатын ишарат сөз.* **2.** *«Е», «ә» сияқты аңғару мәнінде қолданылатын шылау сөз.* **3.** *Күшейту, үстемелеп айту мәніндегі шылау сөз.* **4.** *Не, немесе, яки сияқты талғау мәніндегі шылау сөз.* **5.** *Кәне, кәнеки мәндес шылау сөз.* **6.** *Бәсе, солай деген мәнде қолданылатын шылау сөз.* **7.** *Расында да, айтса айтқандай деген мағынадағы шылау сөз.*

**ИБА** [ар. إباء ] зат. **1.** *Инабат, ұят, сыпайылық.* **2.** *Ізет, құрмет, ілтипат.*

**Иба жасады.** *Кішіпейілдік көрсетті, әдеп сақтады.* **Иба қылды.** *Ұялды, ізет етті, сыпайылық көрсетті.* **Иба сақтады.** *Ізет көрсетті, әдеп сақтады.* **Иба тұтты.** *Әдеп сақтады, ізетті болды.*

**ИБА-ӘДЕП** зат. *Ар-ұят, ізет-құрмет, инабат-ілтипат.*

**ИБАДАТ** зат. сөйл. ***Инабат.***

**Ибадат қылды.** *Құдайға құлшылық қылды, бас ұрды, табынып, сиынды.*

**ИБАДАТТЫ** сын. сөйл. ***Инабатты.***

**ИБАЙ** од. сөйл. ***Ойбай.***

**ИБАЛЫ** сын. *Әдепті, ізетті, сыпайы.*

**ИБАЛЫҚ** зат. *Әдептілік, ізеттілік, сыпайылық, кішіпейілдік.*

**Ибалық қылды [тұтты].** *Әдеп сақтады, ұялды.*

**ИБАЛЫҚТЫ** сын. сөйл. жерг. ***Ибалы.***

**ИБАЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Әдептілік, ізеттілік, сыпайыгершілік.* **2.** психол. *Адамның мінез-құлқындағы әдептілікті, ізеттілікті, арлылықты білдіретін ұнамды әрі жағымды қасиет.*

**ИБАНАГТАР** зат. *Филиппиннің Лусон аралының орталық бөлігін, Кагаян өзенінің бойын мекендейтін халық атауы.*

**ИБАРАТ** зат. көне. ***Ғибрат.***

**ИБАСЫЗ** сын. *Әдепсіз, ізетсіз, ұятсыз.*

**ИБАСЫЗДЫҚ** зат. *Әдепсіздік, ізетсіздік, инабатсыздық.*

**ИБЕЙ** зат. сөйл. *Шығырдың тіреу ағашы.*

**ИБН** [ар. إبن ] зат. *Арабтарда және араб тілді басқа да халықтарда адамның аты-жөнінің алдынан келетін «ұлы», «баласы» деген сөз.*

**ИБОЛАР** зат. *Нигерияның Анамбра, Имо, ішінара Бендел штатында тұратын халық атауы.*

**ИБИКОН** зат. физ. *Нысанасында электр заряды шоғырланатын сезімталдығы жоғары электрондық-сәулелік құрал.*

**ИВАНШАЙ** зат. өс. сөйл. **Күреңот.**

**ИВРИТ** зат. көне. *Еврей тілі, афроазия (семит) тілдерінің бірі, Израиль мемлекетінің ұлттық ресми тілі.*

**ИГДАНИТ** зат. кен. *Тікелей жарылыс жұмыстары орнында аммиак селитрасының түйіршіктері шамалы (5–6%) сұйық жанармаймен (соляр майы немесе дизель отыны) араластырылып дайындалатын қарапайым (жарылғыш) заттар.*

**ИГЕ** зат. көне. ***Ие.***

**ИГЕР=** ет. **1.** *Белгілі бір мамандықты, шаруашылықтың амал-тәсілін, басқа да жайларды меңгеру.* **2.** *Біліп алу, түйсіну, қабылдау.* **3.** ауыс. *Пайдалану, іске асыру.*

**ИГЕРЛЕ=** ет. жерг. *Әл-қуаты қайту, шөгу.*

**ИГЕРТ=** ет. *Меңгерту.*

**ИГЕРТУ** *Игерт етістігінің қимыл атауы.*

**ИГЕРУ** *Игер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Меңгеру, пайдалану.* **2.** терм. *Индивидтің қоғамдық-тарихи тәжірибе алуының негізгі жолы.* **3.** *Үйрену.* **4.** *Басқару, иемдену.*

**ИГЕРУСІЗ** сын. *Игерілмеген, меңгерусіз.*

**Игерусіз өзгеріс.** лингв. *Бір дыбыстың екінші дыбысқа тәуелді болмауы, игере алмауына байланысты құбылыс.*

**ИГЕРУШІ** зат. *Бір нәрсені толық меңгеруші, бағындырушы.*

**ИГЕРУШІЛІК** зат. *Бір нәрсені меңгерушілік.*

**ИГЕРІЛ=** ет. *Меңгерілу, шаруаға пайдаланылу.*

**ИГЕРІЛУ** *Игеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ИГЕРІС** зат. *Молшылық, ерен байлық, кеніш.*

**ИГЕСІН** зат. сөйл. ***Игісін.***

**ИГРАТ** зат. *Іле өзенінің жоғарғы және орта ағысында, Иагма Нарукомның аралығын жайлаған ежелгі түркі тайпасы.*

**ИГРЕМАН** зат. дипл. *Елшіні қабылдайтын мемлекет басшысының ұсынылып отырған кандидатқа қарсы еместігін растайтын құжат.*

**ИГУАНА** [исп. iguana] зат. зоол. *Оңтүстік және Орталық Американы мекендейтін алып кесіртке.*

**ИГІ** сын. **1.** *Жақсы, ізгі.* **2.** *Адал, таза.* **3.** *Қайырымды, ардақты, құнды, артық.* **4.** *Күрделі сөздің құрамында жұмсалып, қалау, тілек мәнді білдіретін көмекші сөз.*

**Игі жақсы.** а) көне. *Елдің, халықтың беделді адамдары.* ә) *Маңдайалды, ізгі ниетті адамдар.* **Игі жұмыс.** *Жақсы іс, пайдалы әрекет.* **Игі мұрат [тілек].** *Жақсы тілек; қасиетті мүдде.* **Игі [ізгі] ниет.** *Таза ой, оң мақсат, дұрыс діт.*

**ИГІЗ=** ет. *Көндіру, бағындыру.*

**ИГІЗУ** *Игіз етістігінің қимыл атауы.*

**ИГІЛІ** сын. сөйл. *Пайдалы, тиімді, нәтижелі.*

**ИГІЛІК** зат. **1.** *Жақсылық, жақсы іс.* **2.** *Шапағатты, қайырымды іс, қайырымдылық.* **3.** *Байлық, дәулет, бақыт, ырыс.* **4.** *Адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер; қажетті жағдай.* **5.** терм. *Ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым.*

**Игілігіңе ки.** тілек. *Жақсы күндеріңде ки.* **Игілігін көрді.** *Рақатына кенелді, қызығын, пайдасын, жақсылығын көрді.* **Игілігін көрсетпесін.** қарғ. *Қызығын, пайдасын көрсетпесін деген мағынада.* **Игілікке жаратуы [жұмсауы].** *Пайдасына жұмсауы, кәдеге асыруы.* **Игілікке жетті.** *Дәулетке, жақсылыққа қолы жетті, тұрмысы түзелді.* **Игілікке сүйгілік.** *Сый-сияпат, құрмет.* **Игілікке ұстады.** *Қажетіне жаратты, пайдасына тұтты, рақатын көрді.* **Игілікке ұсталсын.** тілек. *Қажетіне жаратсын, пайдаға ассын деген мағынада.* **Игіліктің [игі істің] ерте-кеші жоқ.** *Жақсылықтың, жақсы істің кеш болса да, болғаны жақсы, әйтеуір, түбі қайыр болса болғаны деген мағынада.*

**ИГІЛІКТІ** сын. **1.** *Шапағатты, қайырымды, рақымды.* **2.** *Маңызды, мәнді, нәтижелі.*

**ИГІЛІК-ЫРЫС** зат. *Байлық-бақыт, құт-береке.*

**ИГІСІН** зат. *Жақсылық, ғанибеттік.*

**ИҒАНАТ** [ар. إعانة] зат. ескікіт. *Құдайы, садақа.*

**ИҒДИҚАТ** [ар. إعتقاد ] зат. ескікіт. *Наным, сенім.*

**ИҒЛАН** [ар. إعلان] зат. ескікіт. ***Жария.***

**ИДАРА** [ар. إدارة ] зат. тар. *Нақты бір мемлекетте қоғамдық өмірдің белгілі бір саласын немесе аясын басқаратын және мемлекеттік басқару органдары жүйесіне кіретін орталық мекеме.*

**ИДӘН** зат. ескікіт. ***Еден.***

**ИДДА** [ар. عدة ] зат. діни. *Мұсылмандық құқықта неке шарты жойылған немесе бұзылған әйелдің келесі некеге дейін күтетін жүз күндік мерзімі.*

**ИДЕАЛ**[1] [франц. ideal] зат. **1.** саяси. *Саясат жолындағы ойлы мақсат, биік мұрат; асқақ арман.* **2.** *Үлгі, бетке ұстар.* **3.** *Ойдағы, қиялдағы бейне, солай болуға тиісті образ.*

**ИДЕАЛ**[2] зат. мат. *Алғашқыда иррационал сандарды зерттеуге байланысты пайда болған негізгі алгебралық ұғымдардың бірі.*

**Идеал газ.** физ. *Бөлшектерінің өзара әсері ескерілмейтін газдың теориялық моделі.* **Идеал кристалл.** хим. а) *Қандай да бір құрылымдық ақаулары (бос қуыстар, қоспа атомдар, дислокация т.б.) болмайтын, өзінің барлық көлемінде жетілген үш өлшемді периодты торы бар кристалл.* ә) физ. *Физикалық тұрғыдан жақтары тепе-тең бірдей дамыған, жетілген пішіні бар кристалл.* **Идеал сан.** мат. ***Идеал.*** **Идеал сұйықтық.** физ. *Тұтқырлығы мен жылу өткізгіштігі болмайды деп есептелетін сұйықтық.*

**ИДЕАЛДЫҚ** зат. *Белгілі бір мақсатты ұстаушылық, биік мұрат, ізгі ниеттілік, жоғары пікір ұстанушылық, материалдық дүниеден жоғары дүниелік.*

**ИДЕАЛИЗМ** [франц. idealisme] зат. филос. *Философияның негізгі мәселесін идеалистік тұрғыда шешіп, рух пен субъектіні сананың негізі, алғашқы деп, материя мен табиғатты, болмысты туынды деп санайтын, материализмге қарсы философиялық бағыт.*

**ИДЕАЛИСТ** [франц. idealiste] зат. *Идеалистік философияны қуаттаушы, жақтаушы.*

**ИДЕАЛИСТІК** сын. *Идеализмге тән, идеализмге қатысты.*

**ИДЕАЛСЫЗ** сын. *Мұратсыз, мақсат-мүддесіз.*

**ИДЕНТИФИКАТОР** [ағыл. identifier] зат. инф. *Операциялық жүйе немесе бағдарламалау тілі элементтеріне атау ретінде қойылатын лексикалық бірлік.*

**ИДЕНТИФИКАЦИЯ** [лат. identificare] зат. **1.** *Бір нәрсені, біреуді тану; бір нәрсемен, біреумен ұқсастыру, теңдестіру.* **2.** қоғ.-саяси. *Жеке адамның белгілі бір әлеуметтік (ұлттық, таптық, саяси және т.б.) топқа жататындығын, сонымен тағдыры бір екенін сезініп, түсінуі.*

**ИДЕОГРАММА** [ағыл. ideogram] зат. лингв. *Жеке дыбыстарды емес, тұтас ұғымды білдіретін жазу таңбасы, идеографиялық жазудың негізгі бірлігі.*

**ИДЕОГРАФИЯ** зат. *Идеограмма тәсілімен жазылған жазу.*

**ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Идеографияға тән, идеографияға қатысты.*

**Идеографиялық жазу.** <грек. idea – идея, grapho – жазу> лингв. *Жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет арқылы немесе шартты таңбалар арқылы белгілейтін көне жазу түрі.*

**ИДЕОЛОГ** зат. *Белгілі бір идеологияны, көзқарасты дәріптеуші, соның мүддесін қорғаушы.*

**ИДЕОЛОГИЯ** [грек. idea – идея, бейне, logos – сөз, білім] зат. саяси. зат. **1.** *Адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі.* **2.** *Белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, партиялардың және т.б. мақсаттары мен мүдделерін бейнелейтін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалар мен пікірлер, идеялар жүйесі.*

**ИДЕОЛОГИЯЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Идеологияға айналдырылу.*

**ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Идеологияға тән, идеологияға қатысты.*

**ИДЕОМОТОРИКА** [грек. idea – ұғым, түсінік, лат. motor – қозғалысқа әкетілетін] зат. *Идеялармен берілген сыртқы әрекет, бұлшық ет қозғалысының сол қозғалысты орындауға өтуі (немесе қозғалысты қамтамасыз ететін жүйке серпіндерінің пайда болуы).*

**ИДЕОФОН** зат. лингв. *Түбірге қосылып, белгілі бір мән-мағына, дыбыс символизмін беретін дыбыс.*

**ИДЕФИКС** зат. *Естен шықпайтын ой.*

**ИДЕЯ** [грек. idea] зат. **1.** филос. *Теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік.* **2.** *Нәрсенің адам санасындағы ойша бейнесі.* **3.** *Адам ойының, білімінің іске асуын қамтамасыз ететін логикалық процесс; жоспар, жоба.* **4.** *Белгілі бір ой, пікір.* **5.** өнер. *Бір нәрсенің (көркем әдебиеттің, өнердің) мәнін, мазмұнын айқындайтын негізгі, шығарма жазудағы басты ой, түпкі ниет.*

**Идеясы биік.** әдеб. *Адамзатқа ортақ өзекті мәселелерге арналған.*

**ИДЕЯЛАС** сын. *Идеясы ортақ, ой-тілек, арманы бір, мүдделес.*

**ИДЕЯЛЫ** сын. **1.** *Алдына мақсат, тілек қойған, ой-пікірі бар.* **2.** әдеб. *Айтайын деген ойы бар, идеясы күшті.*

**ИДЕЯЛЫҚ** сын. *Идеяға тән, идеяға қатысты.*

**ИДЕЯЛЫЛЫҚ** зат. *Идеялық, саяси, ғылыми, көркем шығармалардың, көпшілік алдында сөйленген сөздің т.б. саналылық, мазмұндық ерекшелігі.*

**ИДЕЯСЫЗ** сын. әдеб. *Идеясы, мазмұны төмен, сапасы нашар; мәні жоқ.*

**ИДЕЯСЫЗДЫҚ** зат. *Идеясы жоқтық, мақсат-мүддесі жоқтық.*

**ИДЕЯСЫМАҚ** зат. *Нағыз идея деп айтуға тұрмайтын, татымайтын жаңсақ пікір, жалған ой.*

**ИДЖАЗ** [ар. إعجاز ] зат. діни. *Құранның ұлылығы мен қайталанбастығын білдіретін, құдіреттілігін таныту мақсатында қолданылатын сөз.*

**ИДИЛЛИЯ** [грек. eidyllion] зат. әдеб. *Табиғаттың аясында рахат өмір сүріп жатқан ауылдық тұрғындардың өмірін суреттейтін шағын поэтикалық шығарма.*

**ИДИО** [грек. idio] *Өзгеше, айрықша, жеке басқа тән, жеке, дара, өте сирек немесе басқадан айырмашылығы бар деген мағынадағы сөздің құрамды бөлігі.*

**ИДИОАДАПТАЦИЯ** [грек. idios – өзіндік, лат. adaptatio – бейімделу] зат. *Ағза мүшелерінің құрылысы мен өздері атқаратын қызметінің тіршілік ету жағдайы ерекшеліктеріне қарай құрылымдық деңгейін өзгермей, күрделенбей бейімделуі.*

**ИДИОБЛАСТАР** [грек. idios – ерекше, blastos – өскін, өркен] зат. биол. *Қайсыбір ұлпаға қосылған және бұл ұлпаның жасушаларынан мөлшері, бітімі, қызметі мен ішкі құрамы жөнінен ерекшеленетін жеке жасушалар.*

**ИДИОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Нақты, индивидумдық, бірегей нәрсеге қатысты.*

**ИДИОЛЕКТ** лингв. *Жеке адамның тілі немесе адамдар тобының тілдік ерекшеліктерінің жиынтығы.*

**ИДИОМА** [грек. idioma] зат. лингв. *Тілдегі сөздердің тура мағынасынан басқа ұғым тудыратын, бөліп-жаруға, яки басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін тұрақты сөздер түйдегі.*

**ИДИОМДЫҚ** сын. *Идиомаға қатысты, идиомаға тән.*

**ИДИОСИНКРАЗИЯ** [грек. idios – өзіндік, synkrasis – араластыру] зат. психол. *Өзінің клиникалық айқындалуы бойынша аллергияға ұқсас және тұқым қуалаушылық салдарынан кейбір тағам өнімдеріне, дәрі-дәрмектерге сезімталдығы жоғары адамдарда пайда болатын ағзаның реакциясы.*

**ИДИШ** [нем. Yudisch] зат. *Еуропада (соның ішінде ТМД-да), Америкада, Оңтүстік Африкада және Израильде тұратын еврейлердің бір бөлігінің тілі.*

**ИДО** [эсп. ido] зат. лингв. *Жасанды тіл, эсперантоның өңделген түрі.*

**ИДОЛ** [грек. eidolon] зат. діни. ***Пұт.***

**ИДІР**[1]**=** ет. *Иілту.*

**ИДІР**[2]**=** ет. *Сауын малды төлін тойдыруға, сүтін сауға дайын қылу, исіндіру.*

**ИДІРТ=** ет. *Исіндірту.*

**ИДІРТУ** *Идірт етістігінің қимыл атауы.*

**ИДІРУ** *Идір етістігінің қимыл атауы; сауын малды төлін емізіп, жүйкесінің гуморалдық қызметін қолайлы жағдайға ендіру, исіндіру, сүт беруге ыңғайлы қалыпқа келтіру.*

**ИДІРУШІ** зат. *Малды сауар алдында бұзауын салып идіріп, тартып тұратын немесе байлап отыратын кісі.*

**ИДІРІЛ=** ет. *Сауғуа қолайлы қалыпқа келтірілу, исіндірілу.*

**ИДІРІЛУ** *Идіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ИДІРІМ** зат. *Малдың сауыны.*

**ИЕ** зат. **1.** *Иеленуші, иемденуші, қожа, қожайын.* **2.** *Меншіктенуші, бастық.* **3.** діни. *Алла тағала, Құдай, Жаратушы, Тәңір.* **4.** сөйл. *Аруақ, періште.* **5.** ауыс. *Пір, қолдаушы, жарылқаушы.*

**Ие бермеді.** *Ырқына көнбеді, бой бермеді.* **Ие болды.** а) *Иеленді, қожа болды.* ә) *Қолы жетті, кенелді.* **Ие жазды.** *Тәңірі қалады, Жаратушының дегені болды.* **Иесі ауды.** жерг. *Жесір қалды.*

**ИЕК** зат. **1.** *Жақ сүйектің астыңғы еріннен төменірек біткен сүйір ұшы.* **2.** анат. ***Қызылиек.*** **3.** ауыс. *Кимешектің иек тұсына сай келетін бөлігі.* **4.** ауыс. *Өзеннің, дарияның, теңіздің т. б. арнасы, жағасы.*

**Иек артпа [артым, созым] жер.** *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Иек асты.** *Асып түсті, ілінді, жетті.* **Иек астында.** *Жақын жерде, таяу маңда.* **Иек астында жүрді.** *Біреудің шылауында болды.* **Иекке алды.** а) *Бағытқа алды.* ә) *Қатты қысты, қыспаққа алды; күштеді.* **Иек қағысты.** *Келісілген өзара түсінікті жайт туралы бір-біріне иектерін алға шығарып, ұғынып белгі беруді білдіретін ым-ишарат.* **Иек қақты.** а) *Ат басын изеп-изеп екілене жүрді, басын шұлғыды.* ә) *Белгі берді, ымдады, мегзеді.* б) *Сәлемдескенін, амандасқанын білдіріп, иегін көтерді.* в) *Жан тапсырар алдында ықылық атқан оқыс қимыл жасап, белгі берді.* **Иек сүйеді.** а) *Иегін қойып, демалды.* ә) *Сенді, арқа тұтты.* б) *Жалғасты, жанасты, тірелді.* в) *Жуықтады, жақындады, таяды.* **Иек тіреу.** *Сүйену, арқа тұту.* **Иегін көтерді.** а) *Бір нәрсе туралы белгі бергенде, жұмсағанда иегін алға шығара, иек қағып білдіретін қимыл-ишарат.* ә) *Бәлсінді, қадірін арттырды.* **Иегін сақылдатты.** *Қалш-қалш еткізді, тоңдырып жіберді.* **Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай.** *Қылау, сақалы жоқ, беті жып-жылтыр, көсе.* **Иегі иегіне тимеді.** а) *Қалш-қалш етіп дірілдеді, қалтырады.* ә) *Кемсеңдеді.* **Иегі кемсеңдеді.** *Өксік қысты, жыламсырады.* **Иегі қышыды.** *Дәметті, дәмеленді, үміттенді.* **Иек артым [созымдай] жер.** *Жап-жақын, бір қыр астындағы жер.* **Иек артты.** а) *Асылды, сүйенді.* ә) *Көтерілді, жетті, асты.* б) *Жалғасты, созылды; жақындады, жуықтады.* в) *Сенді, арқа сүйеді.*

**ИЕКАҒАШ** зат. жерг. *Қада ағаштың араларын біріктіретін ұзын ағаш.*

**ИЕКАРТПА** зат. **1.** *Дөң, биіктеу, шығаберіс жер.* **2.** *Асу, кезең.* **3.** *Таяу, жақын жер.*

**ИЕКТЕ=** ет. **1.** *Айналдыру, төңіректеу.* **2.** *Жақындау, жуықтау.*

**ИЕКТЕН: сүйір иектенген.** *Иегі сүйірленген, иегі түсіңкі.*

**ИЕКТЕС=** ет. *Тіресу, селбесу.*

**ИЕКТЕТ=** ет. *Тіркестіру, селбестіру.*

**ИЕКТЕУ** *Иекте етістігінің қимыл атауы; жақындау.*

**ИЕКТІ** сын. *Иегі шығыңқы, ұлкендеу.*

**Көк иекті**. *Егде тартқан, жігіт ағасы.*

**ИЕКТІК** зат. жерг. *Кимешектің жағы.*

**ИЕЛЕН=** ет. *Иемдену, ие болу, меншіктену, қожа болу.*

**ИЕЛЕНДІР=** ет. *Иелендіру, меншіктету.*

**ИЕЛЕНДІРУ** *Иелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ИЕЛЕНТ=** ет. *Иемдентү, ие еткізу.*

**ИЕЛЕНТУ** *Иелент етістігінің қимыл атауы.*

**ИЕЛЕНУ** *Иелен етістігінің қимыл атауы; меншіктену.*

**Иелену құқығы.** экон. *Мүлікті нақты иеленудің заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі.*

**ИЕЛЕНУШІ** зат. *Меншіктенуші, ие болушы, қожа.*

**ИЕЛЕНІЛ=** ет. *Иемденілу, меншіктенілу.*

**ИЕЛЕНІЛУ** *Иеленіл етістігінің қимыл атауы.*

**ИЕЛІ**[1] сын. **1.** *Қожасы, бас иесі бар, отағасы.* **2.** миф. *Иесі, киесі бар, аруақты.*

**Иелі болдырды.** *Біреудің жауапкершілігіне тапсырды, меншіктендірді.*

**ИЕЛІ**[2] зат. жерг. *Көзі қызарып ауыратын балалар сырқаты.*

**ИЕЛІК** зат. **1.** *Ие болушылық, қожайындық, басшылық.* **2.** *Меншік.* **3.** экон. *Меншік иесінің затты (мүлікті) нақты иеленуі, затқа тікелей әсер етуіне мүмкіндік жасайтын өкілеттіктерінің бірі.*

**Иеліктен шығару.** экон. *Бір адамға тиесілі жерді, мүлікті, бағалы қағаздарды меншіктенуінен босату.* **Иелік қағаз**. көне. *Белгілі бір жерге ие екендігі куәландырылған қағаз.*

**ИЕЛІКЖАЙ** зат. жаңа. *Орыс ақсүйектерінің жері, бау-бақшасы, үлкен үйі бар жекеменшік тұрғынжайы.*

**ИЕМДЕ=** ет. сөйл. ***Иемден.***

**ИЕМДЕН=** ет. **1.** *Бір нәрсені меншіктену, иелену, қожалық ету.* **2.** ауыс. *Пайдалану, пайда ету.*

**ИЕМДЕНУ** *Иемден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Иеленіп алу, өзіне меншіктеп алу.* **2.** *Ресми түрде өз иелігіне бекіту, өзінің меншігі ретінде рәсімдеп алу.* **3.** *Тәуелдеу, қол астына алу, өзіне күшпен меншіктеп алу.* **4.** инф. <ағыл. trap> *Басқаруды жүргізген ұяшықтың адресін сақтап, автоматты түрде орындалатын жадтың ұяшығына шартты түрде өту.*

**ИЕМДЕНУШІ** зат. *Иелік қылушы, меншіктенуші, қожалық етуші.*

**ИЕМСІН=** ет. *Ие болғансу, қожамсыну.*

**ИЕМСІНУ** *Иемсін етістігінің қимыл атауы.*

**ИЕН**[1] зат. *Құла түз, айдала.*

**ИЕН**[2] зат. *Жапон ақшасы.*

**ИЕН**[3] сын. **1.** *Ұшы-қиыры жоқ кең, мидай.* **2.** *Қисапсыз көп, қалың, нөпір, ну.* **3.** *Көл-көсір, мол, ұшан-теңіз.* **4.** *Айдаладағы, иесіз.*

**Иен дала**. *Кең, жазық жер, айдала.* **Иен дүние**. а) *Шетсіз, шексіз әлем, бас-аяғына көз жетпейтін ақиқат әлем.* ә) *Мол, иесіз, қараусыз жатқан мүлік, ақша, сұраусыз байлық.*

**ИЕН**[4] сын. **1.** *Бос, оңаша, қаңырап қалған.* **2.** *Тегін, иесіз, қараусыз.* **3.** *Кең жайылып бос қалған, қуарған.*

**Иен қалды.** *Қаңырап бос қалды.*

**ИЕНДІК** зат. сөйл. ***Ендік*** *(жағалау жиек).*

**ИЕН-ТЕГІН** сын. *Ұлан-ғайыр, мол; ағылтегіл.*

**ИЕРАРХ** [грек. hieros – қасиетті, arche – билік] зат. діни. *Епископ дәрежесіндегі шіркеу қызметкері; шіркеудің жоғарғы дінбасы.*

**ИЕРАРХИЯ** [грек. hieros – қасиетті, arche – билік] зат. **1.** терм. *Тұтастық бөлшектерінің немесе элементтерінің жоғарыдан төмен қарай немесе төменнен жоғарыға қарай ұйымдасуы.* **2.** саяси. *Қызметі, шен-дәреже, атағы төменгілердің өзінен жоғарыларға бағыну тәртібі.* **3.** діни. *Діни қызметкерлер мен діни сенім нысандарының бір-біріне қатысты жоғарыдан төменге қарай немесе бұған керісінше дәрежесі бойынша орналасу реті, бір-біріне бағыныштты болу тәртібі.* **4.** филос. *Мәдениеттануда әр сатыда тұрған түрлі мәдениетті көрсететін теориялық бағыт.*

**ИЕРАРХИЯЛЫҚ** сын. **1.** *Тұтастық элементтерінің жоғарыдан төменге немесе төменнен жоғарыға қарай ұйымдасуына қатысты.* **2.** саяси. *Қызметі, атағы шен дәрежесіне қатысты жоғарыдан төменге бағыну тәртібіне қатысты.* **3.** діни. *Дінбасылардың дәрежесіне қарай жоғарыдан төменге бағыныштты болу тәртібіне қатысты, соған тән.*

**Иерархиялық құрылым.** қоғ.-саяси. *Көпдеңгейлік сипаттағы және әр деңгейдегі басқару көлемі мардымды емес ұйымдық құрылым.* **Иерархиялық модельдеу.** инф. <ағыл. design hierarchi> *Компьютер өнімділігін бағалау кезінде қолданылатын әдіс.* **Иерархиялық нейрондық желі.** инф. <ағыл. hierarchical neural network> *Өңдеу кезіндегі қабаттар арасын жалғастыру кезең-кезең (иерархия) бойынша пайдаланылатын мультиқабатталған желі.*

**ИЕРАТИК** [грек. hieratikos]: **иератик жазу**. лингв. *Иероглиф жазуының оңайлатылған бір түрі.*

**Иератик жазу.** лингв. *Папирусқа жазудан пайда болған иероглиф жазу түрі.*

**ИЕРАТИКАЛЫҚ: иератикалық жазу.** лингв. ***Иератик жазу.***

**ИЕРЕЙ** зат. діни. *Православие шіркеуіндегі (священие) діни шен.*

**ИЕРОГЛИФ** [грек. hieroglyphoi] зат. **1.** лингв. *Идеографиялық жазу жүйесінің айшықты таңбасы, ежелгі жазудың графемасы.* **2.** *Сурет жазу жүйесінің әріптері, таңбалары.* **3.** *Идеограмма жазуына негізделген, Мысыр, Қытай, Жапон халықтарының белгілі ұғымды, буынды, дыбысты білдіретін өрнекті жазуы.* **4.** ауыс. сөйл. *Қолы түсініксіз жазу.*

**Иероглиф жазу**. лингв. *Ерекше таңба – иероглифтерді пайдалану арқылы сөз мағынасын ғана емес, фонетикалық мағынаны да бере алатын жазудың өте ертедегі буындық-сөз жүйесіндік түрі.* ә) *қандай да бір сөзді немесе ұғымды білдіретін таңбалы жазу, мысалы, күн таңбасы «тәулік» мағынасын береді;* б) *жеке дауыссызды немесе дауыссыздар тіркесін білдіретін жазу.*

**ИЕРОГЛИФТІК** сын. *Иероглифке тән.*

**ИЕСЫМАҚ** сын. экспр. мысқыл. *Ие болғансыған, қожасынған.*

**ИЕСІЗ** сын. **1.** *Иесі, қожасы жоқ, ешкім иеленбеген, меншіктенбеген немесе иесінен айырылған.* **2.** *Иен-тегін, мол жатқан, кең.* **3.** *Бос, қаңыраған.* **4.** *Тегін.* **5.** *Басшысыз, басқарушы, жетекшісіз.* **6.** ауыс. *Қараусыз, күтімсіз, бағып-қағусыз.*

**Иесіз дүние.** *Қараусыз қалған, ешкім иемденбеген зат, мүлік, игілік.* **Иесіз қалғыр!** қарғ. *Бағу-қағусыз, бас-көзсіз болғыр.* **Иесіз қалды**. а) *Босады, қаңырады.* ә) *Қожасыз, күтіп-бағушысыз, бас-көзсіз қалды.* б) *Далаға тасталды, қараусыз қалды.* **Иесіз мүлік**. заң. *Азаматтық құқықта меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз, не меншік иесі одан бас тартқан зат.*

**ИЕСІЗДЕН=** ет. *Бос қалу, аңырау.*

**ИЕСІЗДЕНУ** *Иесізден етістігінің қимыл атауы.*

**ИЕСІЗДІК** зат. **1.** *Иесі жоқтық, қожасы жоқтық.* **2.** *Бас-көзсіздік, бассыздық; ысырапшылық.* **3.** *Қарусыздық, күтімсіздік.*

**ИЕШІЛДІК** зат. *Басшылық, ие болушылық.*

**ИЕШІЛІК** зат. *Иелік, қожалық, басшылық.*

**ИЖАД** зат. сөйл. ***Ижат*** *(ауыз әдебиеті туындысы, ауызша шығарма).*

**ИЖАЗАТ** [ар. اجازة ] зат. көне. *Рұқсат, ырзалық, құптау.*

**ИЖАТ** зат. әдеб. *Ауызша шығармашылық деген ұғымды білдіретін татар және башқұрт фольклористикасында қолданылатын ұғым.*

**ИЖДАҺАТ** зат. сөйл. **1.** ***Ыждағат*** *(ынта, жігер, ықылас).* **2.** *Ынталы іс, жақсы бастама.*

**ИЖДАҺАТТЫ** сын. сөйл. ***Ыждағатты*** *(ынталы, жігерлі, ықыласты).*

**ИЖДАҺАТТЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Ыждағаттылық*** *(тырысушылық, ынталылық, жігерлілік, ықыластылық).*

**ИЖДИҒАТ** зат. сөйл. ***Ыждағат.***

**ИЖДИХАД** зат. ескі кіт. **1.** ***Ыждағат*** *(ынталы іс, жақсы бастама).* **2.** *Тырысушылық, еңбектенушілік.*

**Иждихад тапты**. ескі кіт. *Рақаттанды, береке тапты.*

**ИЖДИҺАТ** зат. сөйл. ***Ыждағат.***

**ИЖОР: ижор тілі.** *Фин-угор тілдері тобына жататын тіл.*

**ИЖОРЛЫҚТАР** зат. *Финндер тобына жататын халық.*

**ИЗАБЕЛЛА** зат. *Қара жемісті жүзім сұрыбы және осы жүзімнен жасалған шарап.*

**ИЗАЛЛОБАРЛАР** [грек. isos – бірдей, allo – басқа, baros – ауырлық] зат. геогр. *Белгілі бір уақыт аралығында ауаның қысымы бірдей өлшеммен анықталған нүктелерді қосатын географиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗАЛЛОТЕРМДЕР** [грек. isos – бірдей, allo – басқа, therme – жылу] зат. геогр. *Белгілі бір уақыт аралығында ауаның температурасы бірдей өлшеммен анықталған нүктелерді қосатын географиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗАМПЛИТУДАЛАР** [грек. isos – бірдей, allo – басқа, лат. amplitudo – өлшем] зат. геогр. *Белгілі бір уақыт аралығында қандай да бір метеорологиялық элементтің амплитудасы бірдей өлшеммен анықталған нүктелерді қосатын географиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗАНОМАЛАР** [грек. isos – бірдей, anomalos – әртекті] зат. геогр. *Қандай да бір метеорологиялық элементтің орта мәннен бірдей ауытқу нүктелерін қосатын географиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗАРИТМДІК** сын. инф. *Қызметі ұқсас резервтік құрылғыға берілетін.*

**Изаритмдік артықтық.** инф. <ағыл. voted redundancy> *Бұзылған құрылғы автоматты түрде табылып, әрі аластатылатын, ал оның қызметі ұқсас резервтік құрылғыға берілетін резервтеу түрі.*

**ИЗАФЕТ** [ар. اضافة ] зат. лингв. *Түркі және кейбір иран тілдеріне тән атрибутивтік құрылым; анықтауыш пен анықталатын сөз тіркесіндегі зат есімдердің бір-бірімен тіркесу жүйесі.*

**ИЗАФЕТТІК** сын. лингв. *Изафетке қатысты, изафет бойынша.*

**ИЗВЕСТНЯК** ор. зат. сөйл. ***Әктас*** *(құрамында кальцит қоспасы бар тұнбалы тау жынысы).*

**ИЗЕ=** ет. **1.** *Амандасу, келісу, таңдану, қоштасу сияқты қандай да бір ишаратты білдіру үшін басын шұлғу, иегін және т. б. жоғары-төмен қозғалту.* **2.** *Басын шұлғу, шыбындау.*

**ИЗЕЙ-ИЗЕЙ** үст. *Тербей-тербей, шайқай-шайқай.*

**ИЗЕК** елік. *Бастың, т.б. жоғары-төмен баяу қозғалысымен сипатталған жай, ырғақты жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Изек қақты**. *Қайта-қайта басын шұлғып, дедектеді.*

**ИЗЕКТЕ=** ет. *Басты қайта-қайта изеу, шұлғу.*

**ИЗЕКТЕТ=** ет. *Басты қайта-қайта изету, шұлғыту.*

**ИЗЕКТЕТУ** *Изектет етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕКТЕУ** *Изекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕЛ=** ет. *Басты жоғары-төмен қозғау, шұлғу.*

**ИЗЕЛЕКТЕ=** ет. *Ары-бері икемсіз қозғалақтау.*

**ИЗЕЛЕКТЕУ** *Изелекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕЛУ** *Изел етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕЛТ=** ет. *Шайқай қозғалту, ары-бері немесе жоғары-төмен қозғалту.*

**ИЗЕЛТУ** *Изелт етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕЛУ** *Изел етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕН** зат. өс. **1.** *Таулы, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, жіңішке жапырақты, солғын жасыл гүлді малазықтық өсімдік.* **2.** <лат. kochia> *Алабұта тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық бұташық өсімдік.*

**ИЗЕНДІ** сын. *Изені қалың, изені көп.*

**ИЗЕНДІ-ЖУСАНДЫ** сын. *Изені мен жусаны қалың.*

**ИЗЕҢ** елік. *Ілбіген, жай, ақырын ырғақты қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Изең қағу**. *Изеңдеп, ырғақпен қозғалды.*

**ИЗЕҢДЕ=** ет. **1.** *Ілбу, жай, ақырындап, аяңдап, теңселе басып жүру, итеңдеу.* **2.** *Ырғалу, ырғаңдау, теңселу.*

**ИЗЕҢДЕС=** ет. *Бірігіп баяу, ырғақты қозғалысу.*

**ИЗЕҢДЕСУ** *Изеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕҢДЕТ=** ет. *Ары-бері ырғақпен қозғалту.*

**ИЗЕҢДЕТУ** *Изеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕҢДЕУ** *Изеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕҢ-ИЗЕҢ** елік. *Қайта-қайта қайталанған, ілбіген, жай, ақырын ырғақты қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ИЗЕҢКІРЕ=** ет. *Басын шұлғыңқырау, мақұлдаңқырау.*

**ИЗЕҢКІРЕУ** *Изеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕП-ИЗЕП** үст. *Ырғап-ырғап, шұлғыпшұлғып.*

**ИЗЕС=** ет. *Амандасу, келісу, таңдану сияқты қандай да бір ишаратты білдіру үшін басын шұлғысу, иегін және т.б. жоғары-төмен қозғалтысу.*

**ИЗЕСУ** *Изес етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕТ=** ет. *Жоғары-төмен шұлғыту.*

**ИЗЕТ** зат. сөйл. ***Ізет.***

**ИЗЕТУ** *Изет етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗЕУ** *Изе етістігінің қимыл атауы; басын шұлғу.*

**ИЗОАМПЛИТУДА** зат. метеор. *Географиялық картада белгілі бір уақыт ішіндегі қандай да бір метереологиялық параметрдің бірдей көрсеткіштегі амплитудаларының нүктелерін біріктіретін сызық.*

**ИЗОАНЕМОНДАР** [грек. isos – тең, бірдей, ұқсас, anemos – жел] зат. геогр. *Географиялық картадағы желдің жылдық орташа жылдамдығының мәндері бірдей нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗОАТМАЛАР** зат. метеор. *Географиялық картада буланудың бірдей көрсеткіштегі нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗО**... [грек. isos – тең, бірдей, ұқсас] **1.** *Формаға не қолданылу мақсатына байланысты бірдей болатын теңдікті, ұқсастықты білдіретін грек, латын, т.б. тілдерден енген күрделі сөздердің бір бөлігі.* **2.** хим. *Көмірсутек тізбегінің тармақталғанын, сонымен қатар белгіленген химиялық қосылыстың басқа қосылысқа изомерлігін көрсететін қосымша.*

**ИЗОБАЗА** [грек. isos – бірдей, basis – қозғалыс, жүріс] зат. геол. *Тектоникалық қозғалыстарға бірдей уақыт аралығында шалынған Жер бетінің бірдей шамада көтерілген не төмендеген орындарын өзара қосатын сызық.*

**ИЗОБАРА** зат. **1.** геогр. ***Изобарлар.*** **2.** физ. *Тұрақты қысымдағы физикалық шамалар арасындағы байланысты графикалық түрінде көрсететін сызық.*

**ИЗОБАРАЛЫҚ** сын. физ. *Изобараға қатысты, соған тән.*

**Изобаралық процесс.** физ. *Сыртқы тұрақты қысымда физикалық жүйеде өтетін процесс.*

**ИЗОБАРЛАР** [грек. isos – бірдей, baros – ауырлық] зат. геогр. *Картада атмосфералық қысымы бірдей аймақтарды қосатын изосызықтар.*

**ИЗОБАТА** зат. геогр. ***Изобаталар.***

**ИЗОБАТАЛАР** [грек isos – тең, bathos – терендік] зат. геогр. *Картадағы мұхиттың, теңіздің, көлдің және өзеннің тереңдігі бірдей жерлерін қосатын изосызықтар.*

**ИЗОБАТТАР** зат. ***Изобаталар.***

**ИЗОБУТАН** зат. хим. *$C_4H_{10}$ – қарапайым тармақталған көмірсутек.*

**ИЗОБУТИЛАЦИТАТ** зат. хим. *Күрделі эфир тобына жататын химиялық қосылыс.*

**ИЗОБУТИЛЕН** зат. хим. *Алифатикалық қатардағы қанықпаған көмірсутек, изобутаннан алынған газ, органикалық қосылыс.*

**ИЗОВАЛЕНТТІ** сын. хим. *Валенттіліктері бірдей (атом).*

**ИЗОВАЛЕНТТІК** сын. хим. *Алмасушы иондар зарядының шамасына қарай изоморфизмнің бір түріне қатысты.*

**ИЗОГАЛИНДЕР** [грек. isos – бірдей, hals – тұз] зат. метеор. *Географиялық картадағы судың тұздылығы бірдей нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗОГАМЕТА** зат. биол. *Өзара қосылып бірін-бірі ұрықтандыратын, пішіндері ұқсас, қозғалғыш жыныс жасушалары.*

**ИЗОГАМИЯ** [грек. isos – бірдей, gamos – неке] зат. бот. *Төменгі сатылы өсімдіктердің жыныстық процесс типі.*

**ИЗОГЕОТЕРМАЛАР** зат. метеор. *Географиялық картада жер қабығының бірдей температураға ие нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗОГИЕТАЛАР** зат. геогр. **1.** ***Изогиеттер.*** **2.** *Теңіз деңгейімен салыстырғандағы биіктіктердің изосызықтары.*

**ИЗОГИЕТТЕР** [грек. isos – тең, бірдей, hyetos – жаңбыр] зат. геогр. *Географиялық картада тәулік, ай, жыл ішінде жауған жауын-шашын мөлшері немесе олардың көпжылдық айлық, жылдық мәндері бірдей нүктелерді қосатын сызықтары.*

**ИЗОГИПСТЕР** [грек. isos –бірдей, hyrsos – биіктік] геогр. *Теңіз деңгейінен біркелкі биіктегі нүктелерді қосатын сызықтар.*

**ИЗОГЛОСС** [грек. isos – бірдей, glossa – тіл] зат. лингв. *Тіл ерекшеліктері (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғыда) ортақ, бірдей келетін жерлерді диалектологиялық картада көрсететін сызықтар.*

**ИЗОГЛОССА** зат. лингв. ***Изоглосс.***

**ИЗОГЛОСТЫҚ** сын. лингв. *Изоглосқа қатысты, соған тән.*

**ИЗОГОНДАР** зат. геогр. *Картадағы магнитті меңзерлердің бірдей иілу нүктелерін қосатын топографиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗОГРАФ** кәсіп., көне. *Икона салушы, көркем суретші.*

**ИЗОГРАФИЯ** [грек. isos – бірдей, grapho – жазамын] зат. терм. *Жазба ескерткіштердің, қолжазбалар мен төлтаңбалардың дәл көшірмесін жасау.*

**ИЗОДИНАМДАР** [грек. isos – бірдей, dinamis – күш] зат. физ. *Жердің магнит өрісінің бірдей кернеулі нүктелерін қосатын географиялық картадағы сызықтар.*

**ИЗОДРОМДЫ: изодромды реттеуіш.** тех. *Оралымдары кері байланысты астатикалық реттеуіш.*

**ИЗОЗИМДЕР** зат. биол. ***Изоферменттер.***

**ИЗОЗИМДІК** сын. биол. *Изозимдерден, изоферменттерден құралған, соларға қатысты.*

**ИЗОКЛИНАЛЬ** [грек. isos – бірдей, klino – еңкейтемін]: **изоклиналь қатпар.** кен. *Қа-баттары өзара және қатпардың осьтік бетіне параллель болып келген шөгінді тау жыныстарының қатпарлар жиынтығы.*

**ИЗОКЛИНДЕР** зат. геогр. *Географиялық картада бірдей магнитті бұрылу нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗОКОЛАЛАР** геол. *Картографиялық проекцияларды талдауда ескерілетін тең бұрмалаулардың сызықтары.*

**ИЗОКОЛОН** [грек. isokolon] зат. әдеб. *Сөздің салыстырылып отырған бөліктеріндегі сөйлем мүшелерінің бірдей тәртіппен, толық параллелизм түрінде берілетін стилистикалық фигурасы.*

**ИЗОҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ** зат. хим. *Бірдей құрылымға тән болушылық.*

**ИЗОЛЕЙЦИН** [грек. isos – бірдей, leukos – ақ] зат. хим. *Алмастырылмайтын амин қышқылы.*

**ИЗОЛЕЙЦИТТІ** сын. биол. *Изолейцинге тән, соған қатысты.*

**Изолейцитті жұмыртқа жасушасы.** биол. <лат. ovum – жұмыртқа, isos – бірдей, lecytos – сарыуыз> *Цитоплазмасында сарыуыз мөлшері аз және біркелкі таралып орналасқан аналық жыныс жасушасы.*

**ИЗОЛЯТОР** [франц. isolateur] зат. **1.** *Оқшаулау, бөлек шығаруға арналған бөлме.* **2.** малшар. *Жұқпалы ауруға шалдыққан малға, онымен жанасқан малға арналған бөлек қора.* **3.** заң. *Қоғамдық тәртіпті бұзғандарды, ұсақ қылмыс жасағандарды немесе түрмеде айыбын өтеп жатқандарды тәртіп бұзғаны үшін жазалау мақсатында басқалардан бөлектеп оңаша қамайтын орын.* **4.** тех. ***Оқшаулағыш*** *(электрлік, электр қуаты түсіп тұрған құрылғы бөліктерін электрлік оқшаулауға және жалғастыруға арналған құрылғы).*

**Изолятор өндірісі**. тех. ***Оқшаулағыш өндірісі*** *(пластмасса, шыны және керамикадан электр оқшаулағыштарын даярлау).*

**ИЗОМЕРИЯ** [грек. isos – бірдей, meros – үлес, бөлік] зат. физ. *Құрамы мен молекулалық массасы бойынша бірдей, бірақ физикалық және химиялық қасиеттері әртүрлі қосылыстардың болуын сипаттайтын құбылыс.*

**ИЗОМЕРАЗАЛАР** [грек. isos – бірдей, meros – үлес, бөлік] зат. хим. *Органикалық қосылыстардың молекулаішілік өзгерістерін катализдеп, изомерлер түзетін ферменттер тобы.*

**ИЗОМЕРЛЕН=** ет. хим. *Органикалық қосылыстардың құрамы мен молекулалық салмағы өзгермей, құрылыстарының басқа түрге айналуы.*

**ИЗОМЕРЛЕНУ** хим. *Изомерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ИЗОМЕРЛЕР** зат. хим. *Құрылысы және физикалық, химиялық қасиеттері жағынан өзгеше, бірақ молекулаларының массасы мен құрамы бірдей химиялық қосылыстар.*

**ИЗОМЕРЛІК** *Изомерлерге тән қасиеті бар.*

**ИЗО**... [грек. isos – тең, бірдей, ұқсас] сын. хим. *Көмірсутек тізбегінің тармақталғанын, сонымен қатар белгіленген химиялық қосылыстың басқа қосылысқа изомерлігін көрсететін қосымша.*

**ИЗОМЕТРИЯ** [грек. isos – бірдей, metron – өлшем] зат. әдеб. *Квантитативтік өлең құрылымындағы өлең бірліктерінің теңдігі.*

**ИЗОМОРФИЗМ** [грек. isos – бірдей, morphe – түр, түрпат] зат. **1.** хим. *Химиялық құрамы жағынан бірдей заттардың бірдей формаларға кристалдану қасиеті.* **2.** лингв. *Тілдің дыбыстық және мағына жақтарының (түрпат және мазмұн межелерінің) ұйымдастырылуындағы параллелизм.* **3.** мат. *Нысан-*

*дардың не нысандар жүйесінің арасындағы сәйкестікті, кейбір жағдайда олардың құрылысының арасындағы теңдігін де көрсететін негізгі ұғымдардың бірі.* **4.** әдеб. *Көркем шығармадағы мазмұн мен форманың (идея, сюжет, стильдің) үйлесуі.*

**ИЗОМОРФТЫ** сын. терм. *Изоморфтық (изоморфизм) тән болған, сол қасиетке ие.*

**Изоморфты қосылыстар.** хим. *Изоморфизмнің жүзеге асқандығының бейнесі болып табылатын химиялық қосылыстар.*

**ИЗОМОРФТЫҚ**[1] [грек. isos – бірдей, morphe – түр, тұрпат] зат. **1.** хим. *Құрамы ұқсас заттардың аралас кристалдарды түзу қасиеті.* **2.** лингв. *Тілдің дыбыстық және мағына жақтарының (тұрпат және мазмұн межелерінің) ұйымдастырылуындағы параллелизм.* **3.** мат. *Нысандардың не нысандар жүйесінің арасындағы сәйкестікті, кейбір жағдайда олардың құрылысының арасындағы теңдігін де көрсететін негізгі ұғымдардың бірі.* **4.** әдеб. *Көркем шығармадағы мазмұн мен форманың (идея, сюжет, стильдің) үйлесуі.*

**ИЗОМОРФТЫҚ**[2] сын. **1.** хим. *Химиялық құрамы жағынан бірдей заттардың бірдей формаларға кристалдану қасиетіне тән, соған қатысты.* **2.** лингв. *Тілдің дыбыстық және мағына жақтарының (тұрпат және мазмұн межелерінің) ұйымдастырылуындағы параллелизмге қатысты, соған тән.*

**ИЗОНЕФАЛАР** зат. метеор. *Географиялық картадағы бірдей бұлттылықты көрсететін нүктелерді жалғайтын сызықтар.*

**ИЗОНИТРИЛДЕР** зат. хим. *Карбиламиндер, изоцианиттер, органикалық қосылыс түріндегі нитрилдердің құрылымдық изомері.*

**ИЗООКТАН** [грек. isos – бірдей, okto – сегіз] зат. хим. *Алифатикалық қатардағы қанық көмірсутегі, октан изомері, органикалық қосылыс.*

**ИЗООСМИЯ** зат. биол. *Ағзаның сұйық орталары мен ұлпаларындағы осмотикалық қысымның тұрақтылығы.*

**ИЗОПАХИТТЕР** зат. геол. *Картадағы жасы бірдей шөгінділердің қалыңдығы бірдей нүктелерін өзара қосатын сызық.*

**ИЗОПИКНАЛАР** [грек. isos – бірдей, pyknos – тығыз] зат. геогр. *Теңіздің гидрологиялық қимылдарындағы судың бірдей тығыздықтарының сызықтары.*

**ИЗОПЕРИМЕТРЛІК** [грек. isos – бірдей, perimetron – сырт шеңбер] сын. матем. *Белгілі бір кластағы барлық қисық сызықтар ішінде өзіне байланысты болатын қандай да бір өлшемі (мысалы, аудан) мүмкіндігінше үлкен мәндерге ие болатын қисық сызықты табуға байланысты вариациялық есептеудің бір түріне қатысты.*

**Изопериметрлік есептер.** матем. *Белгілі бір кластағы барлық қисық сызықтар ішінде өзіне байланысты болатын қандай да бір өлшемі (мысалы, аудан) мүмкіндігінше үлкен мәндерге ие болатын қисық сызықты табуға байланысты вариациялық есептер.*

**ИЗОПОЛИҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Кешенді химиялық қосылыстар.*

**ИЗОПОЛИҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Кешенді қышқылдар.*

**ИЗОПРЕН** зат. хим. *Алифатикалық қатардағы қанықпаған көмірсутегі, органикалық қосылыс.*

**Изопрен каучуктар.** хим. *Полиизопрен, катализатор әсерімен изопренді полимерлеу арқылы алынатын синтетикалық каучуктар.*

**ИЗОПРЕНОИДТЕР** зат. хим. *Терпеноидтер, тірі ағзаларда мевалон қышқылынан түзілетін және липидтер тобына жататын табиғи қосылыстар.*

**ИЗОПРОПИЛ: изопропил спирті**. хим. *Пропанол-2, изопропанол, балқу температурасы 89,5 $C^0$, қайнау температурасы 82,4 $C^0$ болатын түссіз сұйық зат.*

**ИЗОПРОПИЛАМИН** зат. хим. *$CHNH_2$ – біріншілікті амин.*

**ИЗОСЕЙСТЕР** [грек. isos – бірдей, seistos – тербеліске түскен] зат. физ. *Географиялық картадағы жер сілкінісі бірдей көрсеткішпен болған нүктелерді қосатын сызықтар.*

**ИЗОСЕМИЯ** [грек. isos – бірдей, sema – таңба] зат. лингв. *Сөздің категориялық мағынасы мен болмыстағы оның референттерінің категориялық мағыналары арасындағы сәйкестік.*

**ИЗОСЕМИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Изосемияға қатысты, соған тән.*

**ИЗОСИЛЛАБИЗМ** [грек. isos – бірдей, sillabe – буын] зат. әдеб. *Буын теңдігі, изометрияның бір нысаны, сөздегі бірдей мөлшердегі буындар.*

**ИЗОСПИН** зат. физ. *Элементар бөлшек – андрондардың ішкі сипаттамаларының бірі.*

**ИЗОСТАЗИЯ** [грек. isostasios] зат. физ. *Жер қыртысы массасының гравитациялық тепе-теңдік күйі.*

**ИЗОСТАЗИЯЛЫҚ** сын. физ. *Изостазияға қатысты, соған тән.*

**ИЗОСТАТИКАЛЫҚ: изостатикалық үрдіс.** кен. *Материалдарды жан-жағынан біркелкі сығымдау арқылы өңдейтін технологиялық үрдіс.*

**ИЗОСЫЗЫҚТАР** зат. геогр. *Географиялық картадағы тік қимадағы немесе графиктегі кейбір шамалардың тең мәндерінің сызықтары (мыс., температураның, қысымның және т.б.).*

**ИЗОТАХАЛАР** [ грек. isos – бірдей, tachos жылдамдық] зат. геодез. *Георграфиялық картадағы желдің, ағыстың және т.б. жылдамдығының бірдей мәнді нүктелерін қосатын сызықтар.*

**ИЗОТЕРМА** [грек. isos – бірдей, therme – жылу] зат. **1.** геогр. *Орташа температуралары бірдей жерлерді қосатын картадағы сызық.* **2.** физ. ***Изотермдер*** *(тұрақты температурадағы физикалық шамалар арасындағы байланысты графикалық түрде көрсетін сызық).*

**ИЗОТЕРМАЛАР** зат. физ. ***Изотермдер***.

**ИЗОТЕРМАЛЫҚ** сын. **1.** геогр. *Изотермаға қатысты.* **2.** физ. *Бірдей температуралы, бірдей температура сақтаушы.*

**Изотермалық процесс**. физ. *Физикалық жүйеде тұрақты температурада жүретін процесс.*

**ИЗОТЕРМДЕР** [грек. isos – бірдей, therme – жылу] зат. физ. *Географиялық картада, атмосфераның тік қималарында, гидрогеологиялық қималарда, т.б. ауа, су немесе таужыныстар температурасының белгілі бір мезгілдегі (жыл, ай) орташа шамалары бірдей нүктелерді қосатын сызықтар.*

**ИЗОТЕРМИЯ** [грек. isos – бірдей, therme – жылу] зат. физ. **1.** *Атмосфераның белгілі бір қабатындағы биіктікке байланысты ауа температурасының өзгермеуі.* **2.** *Белгілі бір атмосфералық процестердегі температураның тұрақтылығы.*

**ИЗОТЕРМИЯЛЫҚ** сын. физ. ***Изотермалық***.

**Изотермиялық вагон**. тех. *Тез бұзылатын азық-түліктерді бірқалыпты төменгі температурада тасуға арналған вагон.* **Изотермиялық процесс.** физ. ***Изотермалық процесс***.

**ИЗОТОНДАР** [грек. isos – бірдей, tonos – қысым] зат. физ. *Ядросындағы нейтрондар саны бірдей болатын әртүрлі химиялық элементтердің атомдары.*

**ИЗОТОНДЫ** сын. физ. *Изотонға қатысты, соған тән.*

**Изотонды ерітінділер.** хим. *Осмостық қысымы бірдей ерітінділер.*

**ИЗОТОП** [грек. isos – бірдей, topos – кернеу] зат. физ. *Бір химиялық элементтің нуклиді, яғни атомдық нөмірі бірдей, бірақ массалық саны әртүрлі белгілі бір элемент атомдарының түрлері.*

**ИЗОТОПТАР** [грек. isos – бірдей, topos – кернеу] зат. физ. ***Изотоп*** *(атомдарының массасы әртүрлі болып келетін бір химиялық элементтің түрлері).*

**ИЗОТОПТЫ** сын. *Изотопқа қатысты, изотопқа тән.*

**Изотопты генератор.** тех. ***Изотоптық генератор***.

**ИЗОТОПТЫҚ** сын. хим. *Изотопқа қатысты, соған тән.*

**Изотоптық генератор**. тех. *Радиоактивті изотоп энергиясын электр энергиясына түрлендіретін термоэлектрлік генератор.* **Изотоптық спин.** физ. ***Изоспин.*** **Изотоптық талдау.** хим. *Радиоактивтік изотоптар көмегімен заттың құрамы мен құрылымын анықтайтын талдау әдісі.* **Изотоптық хронология.** хим. *Тау жыныстарының, минералдардың, ежелгі өркениет ескерткіштерінің т.б. абсолют жасын олардағы радионуклидтердің ыдырау өнімдерінің жиналуы бойынша анықтау.* **Изотоптық эффект.** физ. *Кризистік температураның асқын өткізгіш металдың изотоптық құрамына тәуелділігі.*

**ИЗОТРОПИЯ** [грек. isos – бірдей, tropos – қасиет] зат. физ. ***Изотроптылық*** *(газ күйіндегі, сұйық, қатты денелерге тән барлық бағыттар бойынша қандай да бір қасиеттерінің бірдейлігі).*

**ИЗОТРОПТЫ** [грек. isos – бірдей, tropos – қасиет] сын. *Изотроптылыққа қатысты.*

**ИЗОТРОПТЫЛЫҚ** зат. физ. *Ортаның физикалық қасиеттерінің барлық бағытта бірдей болуы.*

**ИЗОФЕНАЛАР** зат. геогр., метеор. *Географиялық картада қандай да бір табиғи құбылыстың бір мезгілде басталғанын көрсететін нүктелерді жалғайтын сызықтар (мысалы, өсімдіктердің гүл ашуы).*

**ИЗОФЕРМЕНТТЕР** [грек. isos – бірдей, лат. fermentum – ашытқы] зат. биол. *Ферменттердің бір реакцияны катализдейтін және бір түрге жататын ағзаларда немесе бір тінде кездесетін, бірақ бірнеше физика-химиялық иммунологиялық айырмашылықтары бар әртүрлі молекула түрі.*

**ИЗОХАЗМАЛАР** зат. метеор. *Географиялық картада поляр жарқылы бірдей қайталануын көрсететін нүктелерді жалғайтын сызықтар.*

**ИЗОХОРА** [грек. isos – бірдей, chora – орынжай] зат. физ. *Термодинамикалық күй диаграммасында изохоралық процесті кескіндейтін сызық.*

**ИЗОХОРАЛЫҚ** сын. физ. *Изохораға қатысты, соған тән.*

**Изохоралық процесс**. физ. *Термодинамикалық күй диаграммасында изохорамен кескінделетін жүйеде тұрақты көлемде жүретін процесс.*

**ИЗОХРОНДАР** [грек. isos – бірдей, chronos – уақыт] зат. физ. *Географиялық карта, кестелердегі басталу уақыты бірдей табиғи құбылыстарды көрсететін нүктелердің басын қосатын сызықтар.*

**ИЗОХРОНДЫҚ** [грек. isos – бірдей, chronos – уақыт] сын. физ. **1.** *Бірдейлік, уақыт ұзақтығының бірдейлігіне тән.* **2.** матем. *Изохроникаға қатысты.*

**ИЗОХРОНИЗМ** [грек. isos – бірдей, chronos – уақыт] зат. әдеб. *Тіл бірліктерінің дыбыстау ұзақтығының бір-біріне тең келуі; өлеңнің ұйқастарының уақыт бойынша өзара тең ырғақты топтарға бөлінуі.*

**ИЗОХРОНИКА** [грек. isos – бірдей, chronos – уақыт] зат. матем. *Ауыр бөлшек қозғалғанда уақыттың бірдей аралықтарында көлденең сызықтағы жол проекциясы өзара тең болатын қисық сызық.*

**ИЗОЭНЗИМДЕР** хим., физиол. *Ашық жасыл түстегі қымбат бағалы мөлдір тас.*

**ИЗУМРУД** [грек. smaragdos] зат. сөйл. ***Зүмірт*** *(асыл тас, берилдің бір түрі).*

**ИКАЯТ** зат. ескі кіт. ***Хиқая.***

**ИКЕБАНА** [лат. ikebana] зат. **1.** *Тірі немесе кептірілген өсімдіктерден гүлдесте жасау өнері.* **2.** *Осы өнер бойынша құралған гүлдесте.*

**ИКЕМ** зат. **1.** *Бейім, ыңғай, еп.* **2.** психол. *Адам мінез-құлқында туа біткен немесе жүре пайда болған дағды.*

**Икем тұрды**. *Бейім болды, епті болды.* **Икемге келді.** а) *Ыңғайға көнді, көндікті.* ә) *Ымыраласты, тіл тапты, келісті.* **Икемге келтірді.** *Көндірді, айтқанына иліктірді.* **Икемге көнді.** *Ыңғайға келді.* **Икемге көндірді.** *Ыңғайға келтірді.* **Икемін кетірді.** *Мазасын алды, дегбірін қашырды.* **Икемі кету.** *Мазасыздану, дегбірі қашу, жайсыздану.*

**ИКЕМДЕ=** ет. **1.** *Ыңғайлау, келтіру, жақындату.* **2.** терм. *Бейімдеу, ыңғайлы қалыпқа келтіру, ыңғайлы болатындай өзгерту.* **3.** *Айналдыру, баурау, өзіне қарату.* **4.** *Игеру, меңгеру.* **5.** *Бұру, бағыттау.* **6.** *Маңайлау, айналсоқтау, жақындау.*

**ИКЕМДЕЛ=** ет. **1.** *Ыңғайлану, оңтайлану, икемді қалыпқа келу.* **2.** терм. *Бейімдеу, ыңғайлы қалыпқа түсірілу, ыңғайлы болатындай өзгертілу.*

**ИКЕМДЕЛГІШ** сын. *Бейімделгіш, ыңғайланғыш, көнгіш.*

**ИКЕМДЕЛУ** *Икемдел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ыңғайлану, бағдарлану.* **2.** терм. *Бейімделу, бір нәрсеге үйлесу үшін өзгеру.*

**ИКЕМДЕЛУШІЛІК** зат. *Бейімделушілік, ыңғайға келушілік.*

**ИКЕМДЕН=** ет. **1.** *Ыңғайлану, сыңай таныту.* **2.** *Бейімдену, үйлесу, сәйкесу.*

**ИКЕМДЕНУ** *Икемден етістігінің қимыл атауы.*

**ИКЕМДЕС** сын. *Бейімдес, үйлесімді, сәйкес.*

**ИКЕМДЕС=** ет. *Үйлесу, сәйкесу.*

**ИКЕМДЕСУ** *Икемдес етістігінің қимыл атауы.*

**ИКЕМДЕУ** *Икемде етістігінің қимыл атауы; ыңғайлау, бағдарлау.*

**ИКЕМДІ** сын. **1.** *Ыңғайлы, бейім, бейімді.* **2.** *Іскер, шебер.* **4.** терм. *Қандай да бір сыртқы факторлар әсеріне қарай өзгергіш, бейімделгіш.*

**Икемді баға.** экон. *Экономикадағы жиынтық сұранымның өзгеруі кезінде еркін өзгеріп отыратын баға.* **Икемді валюта бағамы.** экон. *Шетел ақшасына сұраным мен ұсынымды айқындайтын және еркін өсуі және төмендеуі мүмкін валюта бағамы.* **Икемді жігіт.** *Көпшіліктпен тіл табыса білетін, ашық мінезді жігіт.* **Икемді сұраным.** экон. *Бағадағы арасалмақ сұралатын тауар мен қызметтердің мөлшерінде пайыздық көбеюді туғызатын сұраным.* **Икемді ұсыным.** экон. *Ұсыным шамасының өзгеру пайызы тауар бағасы өзгеруінің пайызынан көп болатын ұсыным түрі.*

**ИКЕМДІК** зат. сөйл. **1.** *Еп, бейімділік.* **2.** психол. *Адам психологиясы ерекшеліктерінің негізіндегі оның бірдемеге бейімділігі, өзгеріп, үйлесу қабілеті.*

**ИКЕМДІЛІК** зат. **1.** *Бір нәрсені орындауға ептілік, шеберлік, бейімділік пен қабілеттілік.* **2.** терм. *Бір нәрсенің ортаға қарай немесе өзімен қатынасқа түсетін басқа нәрселерге қарай бейімделгіштігі, соның нәтижесіндегі түрлі формаға өзгеру байлығы; оралымдылығы.* **3.** пед. психол. *Субъектінің алған білімдері мен дағдыларының жиынтығы арқылы іс-әрекетті орындауға қатысты меңгерген қабілеті.* **4.** экон. *Ұсыным мен сұранымның сыртқы факторларға қарай үйлесу, өзгеру қабілеті.*

**Икемділік коэффиценті.** экон. *Сұранымға әсер ететін факторлардың өзгеруіне орай тауарға деген сұранымның өзгеруін сипаттайтын шама.* **Икемділіктің қарқыны.** әлеум. *Белгілі бір уақыт аралығында әлеуметтік позицияларды тік және көлденең бағытта өзгертетін жеке адамдар санын білдіретін әлеуметтік икемділік сипаттамаларының бірі.*

**ИКЕМДІРЕК** сын. *Бейімдірек, ептірек.*

**ИКЕМСІЗ** сын. **1.** *Бейімі жоқ, қабілетсіз.* **2.** *Ыңғайсыз, епсіз, ебедейсіз.* // *Икемге, епке келмей, илікпей.*

**Икемсіз тауар.** экон. *Бағаның өзгергеніне қарамастан, өзгеріссіз қалу үрдісі бар сұраныс.*

**ИКЕМСІЗДЕН=** ет. *Ыңғайсыздану, нашарлану, әлсіздену, қабілетінен айырылу.*

**ИКЕМСІЗДЕНУ** *Икемсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ИКЕМСІЗДЕНУ** зат. мед. *Аурудың түрі, бейімсіздік танылу, дезадаптация.*

**ИКЕМСІЗДЕУ** сын. *Бейімсіздеу, епсіздеу.*

**ИКЕМСІЗДІК** зат. **1.** *Бейімсіздік, ыңғайсыздық, епсіздік, қабілетсіздік.* **2.** *Жұтаңдық, сараңдық.*

**ИКЕМШІК** зат. тех. *Егістік жерлерге дән, тұқым сепкенде борозда түзу болу үшін қолданылатын ауылшаруашылық құрал.*

**ИКЕМШІЛ** сын. *Епшіл, икемді; көнімпаз.*

**ИКОНА** [грек. eikon] зат. діни. *Христиан дінінде әулие, Құдай және де басқа сиынатын күштердің бейнесі салынған сурет.*

**Икона жазуы.** діни. *Христиан дінінде табынатын Құдай-ана, Құдайдың ұлы мен әулиелердің суреттерін бейнелеу өнері.* **Иконаға қарсы күрес.** тар. *VIII г.-IX г. бірінші жартысында Византиядағы ескі өсиеттік діни қағидаларға негізделіп, иконаларды пұтқа табынушылық деп танып, жоққа шығарған діни қозғалыс.*

**ИКОНОГРАФИЯ** [грек. eikon – бейне, graphos – жазамын] зат. өнер. **1.** *Белгілі бір адамдарды немесе сюжеттерді жүйелі түрде зерттеу және бейнелеу, оларға тән ерекшеліктерді көрсетіп, мәнін, мақсатын, астарлы белгісін, ерекше қасиеттерін түсіндіру.* **2.** *Белгілі бір адамдарды немесе сюжеттерді бейнелеуде суреткер ұстанатын берік қалыптасқан ереже.*

**ИКОНОСКОП** [грек. eikon – кескін, skopeo – көремін] зат. физ. *Электр зарядтарының жинақталу құбылысы негізінде оптикалық кескінді телевизиялық белгіге түрлендіретін телевизиялық таратқыш түтік.*

**ИКОСАЭДР** [грек. eikosi – жиырма, hedra – негіз, қабырға] зат. геом. *Жиырма тең қабырғалы үшбұрыштан тұратын, жиырма бұрышты дене, дұрыс көпжақ.*

**ИКРАМ** [ар. إكرام] зат. ескікіт. *Құрмет, сый.*

**ИКС** зат. **1.** *Латын әліпбиіндегі жиырма бірінші әріптің аты.* **2.** *Белгісіз санды немесе басқа бір беймәлім нәрсені белгілейтін шартты белгі.*

**ИКСОД: иксод кенелері.** зоол. *Сүтқоректілер мен құс денесінде өмір сүретін, олардың қанын сорып қоректенетін паразиттер.*

**ИКТ** [лат. ictus] зат. әдеб. *Өлеңдегі екпін, акцент.*

**ИКТА** зат. көне. ***Иқта.*** **1.** діни. *Мұсылман елдерінде мемлекеттік қордан иесіз жатқан немесе күтімсіз қалған жерлерді мұраға қалдыру және басқаға тарту құқығымен жер алушыға сыйға тарту актісі.* **2.** тар. *Елден салық жию құқығы.*

**ИКТИДОЗАВР** [грек. iktis – аққалақ, sauros – кесіртке] зат. зоол. *Триас дәуірінің соңы мен юра дәуірінің басында өмір сүрген аққалақ сияқты ұсақ жыртқыш сипаттағы омыртқалылар.*

**ИКІМ** зат. сөйл. ***Икем.***

**ИҚЛИМ** [ар. اقليم] зат. ескікіт. ***Ықлым*** *(уәлаят, өлке, әлемнің бөлігі).*

**ИҚРАР** [ар. إقرار] зат. діни. *Шариғат заңы бойынша, біреудің істеген теріс қылығын мойнына алып, қойылған шартты орындауға міндеттенуі.*

**ИҚСАН** [ар. احسان] сын. ***Ихсан.***

**ИҚТА** [ар. إقطاع] зат. көне. діни. *Мұсылман елдерінде мемлекеттік қордан иесіз жатқан немесе күтімсіз қалған жерлерді мұраға қалдыру және басқаға тарту құқығымен жер алушыға сыйға тарту актісі.*

**ИҚТИҚАТ** [ар. إعتقاد] зат. *Іждағат, ихтихат.*

**ИҚТИЯР** [ар. اختيار] зат. ***Ықтияр.***

**ИҚУ-ҚИҚУ** зат. *У-шу, айғай-ұйғай.*

**ИҚЫ-ЖИҚЫ** сын. *Ығы-жығы, ұйқы-тұйқы.*

**ИҚЫ-СИҚЫ** сын. сөйл. ***Иқы-жиқы.***

**ИЛА**[1] [ар. حيلة] зат. көне. *Амал, әдіс, шара; айла.*

**Ила қылмады**. *Қулық, арамдық жасамады.* **Илаға жарамады.** *Іске аспады, түкке жарамады.*

**ИЛА**[2] [ар. علة] зат. көне. діни. *Мұсылмандық құқықтағы ерінің әйелімен белгілі бір уақыт бойына бірге тұрмауға ант ішуі, уәде етуі.*

**ИЛАЛЛА** [ар. إلا الله] зат. *Я, Алла; я, Құдай тағала.*

**ИЛАЛЛАЛА=** ет. *Я, Құдай; я, Алла деу, Алласына сиыну.*

**ИЛАН** зат. өс. *Шөл-шөлейтті жерлерде өсетін, сабағының биіктігі 40-60 см-дей болатын, дәрілік өсімдік ретінде пайдаланылатын сасырдың бір түрі..*

**ИЛАН =** ет. *Біреудің айтқанына сену, нану, көну.*

**ИЛАНҒЫСЫЗ** сын. *Сенуге болмайтын, нанымсыз.*

**ИЛАНҒЫШ** сын. *Бір нәрсеге, біреудің айтқанына сенгіш, нанғыш, көнгіш.*

**ИЛАНҒЫШТЫҚ** зат. *Бір нәрсеге, біреудің айтқанына сенгіштік, нанғыштық; көңілшектік.*

**ИЛАНДЫР=** ет. *Сендіру, нандыру; көндіру.*

**Иландырып емдеу.** мед. *Адамды дәрі-дәрмексіз психикасына сөзбен немесе басқа да әрекетпен әсер ету арқылы емдеу түрі.*

**ИЛАНДЫРҒЫШ** сын. *Нандырғыш, сендіргіш.*

**ИЛАНДЫРУ**[1] зат. <грек. hypnos> **1.** психол. *Адамға сөзбен әсер етудің, үгіт-насихаттың бір түрі.* **2.** мед. *Адам психикасына әсер ету арқылы емдеудің ерекше бір түрі.*

**ИЛАНДЫРУ**[2] *Иландыр етістігінің қимыл атауы.*

**Иландыру принципі.** филос. <лат. verificare> *Сендіру принциптерінің бірі, әлем туралы қандай да болсын пайымдаулардың ақиқаттығы, сезімдік деректермен салыстыру арқылы анықталатын позитивизмнің негізі.*

**ИЛАНДЫРУШЫ** сын. *Сендіріп, нандырушы, көндіруші (адам).*

**ИЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Сендірілу, нандырылу, көндірілу.*

**ИЛАНДЫРЫЛУ** *Иландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛАНТ=** ет. *Сендіру.*

**ИЛАНТУ** *Илант етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛАНУ**[1] зат. психол. ***Иландыру*** *(адам психикасына негізінен алғанда сөзбен әсер етудің ерекше бір түрі).*

**ИЛАНУ**[2] *Илан етістігінің қимыл атауы; көзі жетіп, сену.*

**ИЛАНУШЫ** зат. *Бір нәрсеге, біреудің айтқанына сенуші, нанушы.*

**ИЛАНУШЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсеге, біреудің айтқанына сенушілік, нанушылық.*

**ИЛАНЫМ** зат. *Дүниетаным, наным, сенім.*

**ИЛАНЫМДЫ** сын. *Нанымды, сенімді.*

**ИЛАНЫМДЫЛЫҚ** зат. *Сенімділік, нанымдылық.*

**ИЛАНЫШ** зат. *Сенім, үміт.*

**ИЛАТ** зат. ескі кіт. ***Елат*** *(халық, тайпа, адамдар қауымы, тұрғындар).*

**ИЛАҺИ** од. сөйл. ***Иллаһи.***

**ИЛАҺИМ** зат. сөйл. ***Лайым.***

**ИЛӘЙІМ** зат. сөйл. ***Лайым.***

**ИЛЕ=** ет. **1.** қолөнер. *Теріні и жағып, иін қандырып, уқалау, жұмсарту, өңдеу.* **2.** *Қамыр, балшық, темір, ұнды т. б. иін қандыра араластыру, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектеу.* **3.** *Таптау, басып-жаншу, езгілеу.* **4.** ауыс. *Езу, қанау, жаншу.* **5.** *Еркімен жүргізбеу, бағындыру, еріксіз мойындату.*

**Илеген терідей болбырады.** а) *Пісуі қанды, бабына келді.* ә) *Жүнжіп, босап, майысқақтанып кетті.* **Илегені бір терінің пұшпағы.** *Бәрінің ортақ тындыратын бір шаруасы, бәрінің ортақ істейтін бір ісі.*

**ИЛЕК** зат. *Тәлкек, әжуа; илеу.*

**ИЛЕКТЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсені жұмарлау, бүктеу, умаждау.* 2. *Шылау, былғау, әбден езіп, араластыру.*

**ИЛЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің жұмарлануы, бүктетілуі.* **2.** *Иірлену, иір-шиыр болу.*

**ИЛЕКТЕЛУ** *Илектел етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЕКТЕН=** ет. **1.** *Илену, аяқ астында қалу.* **2.** *Шылану, езіліп әбден араласу.*

**ИЛЕКТЕНУ** *Илектен етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЕКТЕУ** *Илекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЕМ** зат. **1.** металл. *Металлургияда илемдеу өндірісінің өнімдері.* **2.** тамақ. *Бір нәрсенің суда немесе басқа сұйық затта езіліп, араластырылып, тұтқыр массаға айналғандағы үлесі.*

**ИЛЕМДЕУ** зат. металл. *Сығымдалатын құйманың немесе дайындаманың жуандығын, қалыңдығын кемітіп, оны қажетті пішінге келтіру үшін металды илемдік орнақтың айналмалы пішімбіліктері арасынан өткізіп, сығымдау жолымен өңдеу.*

**ИЛЕМДІ**: **илемді балшық.** тех. *Ылғалдылығы молекулалық ылғалдылық сыйымдылығынан жоғары балшық.*

**ИЛЕМДІК: илемдік пішімбіліктер.** кен. тех. *Металға қажет өлшем мен пішім беру үшін оны деформациялау амалын орындайтын илемдеу орнағының жұмыс құралы.*

**ИЛЕН=** ет. **1.** қолөнер. *Терінің и жағылып, иін қандырып, уқалануы, жұмсартылуы.* **2.** *Қамыр, балшық, темір, ұнның т. б. иін қандыра араластырылуы, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектенуі.* **3.** *Мыжылу, ұйпақталу.* **4.** ауыс. *Араласу, асты-үстіне шығу, шылану.* **5.** *Бірдеменің шылауында кету, езгі көру.*

**Иленген терідей.** *Жұмсақ, көнбіс.*

**ИЛЕНУ** *Илен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тері иінің қандырылуы.* **2.** ауыс. *Біреудің шылауында кету.*

**ИЛЕП-БИЛЕП** үст. сөйл. *Билеп-төстеп.*

**ИЛЕС=** ет. *Қамыр, балшық, темір т. б. бірге араластыру, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектесу.*

**ИЛЕСУ** *Илес етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЕТ=** ет. *Қамыр, балшық, темір т. б. араластырту, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектету.*

**ИЛЕТКІЗ=** ет. **1.** *Қамыр, балшық, темір т. б. иін қандыра араластырғызу, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектеткізу.* **2.** ауыс. *Езгіге алғызу, шылауында кетіру.*

**ИЛЕТКІЗУ** *Илеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЕТУ** *Илет етістігінің қимыл атауы; терінi жұмсарткызу, өңдету.*

**ИЛЕУ**[1] *Иле етістігінің қимыл атауы.* **1.** ет. *Теріні и жағып, иін қандырып, уқалау, жұмсарту, өңдеу.* **2.** *Қамыр, балшық, темір, ұнның т.б. иін қандыра араластыру, әбден жұмсарғанша, тұтқыр затқа айналғанша илектеу. // Біреудің, бірдеменің әсері, шылауы, әрекеті.*

**Илеуге келді.** *Икемге көнді.* **Илеуге көнді.** *Ыңғайға көнді, икемге келді.* **Илеуі жетті.** а) *Иі қанды.* ә) *Өңі, реңі түсті, бедері кетті.* б) *Әбден пісті, бабына келді, жетілді.* **Илеуі қанды.** а) *Иі жетті, әбден тұтқырланды.* ә) *Іс, әңгіме, т.б. орындалатын, айтылатын кез келді, пісіп жетілді.*

**ИЛЕУ**[2] зат. **1.** ***Құмырсқаның илеуі.*** **2.** ауыс. *Көп халық шоғырланған жер, мекен.*

**ИЛЕУС** зат. вет. *Ішек-қарын түтігінің көлемі мен формасы әртүрлі мал денесінде пайда болған тастармен, быжынап шоғырланған құрттармен т.б. бітеліп қалуы.*

**ИЛЕУСІЗ** сын. *Иленбеген, өңделмеген.*

**ИЛЕУШІ** зат. *Тері, қайыс т. б. илейтін адам.*

**ИЛИДТЕР** зат. хим. *Биполюсті иондар.*

**ИЛЛАҺИ** [ар. الهی] од. діни. *Я, Алла; Құдай тағала деген мағынадағы алдымен жаратқанды еске алу ишаратын білдіретін сөз.*

**ИЛЛИРИЗМ** зат. тар. *XIX ғ. 30-40 жж. Хорватия мен Словакияны қамтып, басқа да оңтүстік славян аймақтарында қолдау тапқан қоғамдық-саяси және мәдени қозғалыс.*

**ИЛЛЮВИЙ** [лат. illuvies] зат. геол. *Топырақтың беткі қабатынан жаңбыр және қар суларымен шайылып, сілтісізденіп, одан төмен жатқан көкжиекке жиналған органикалық және минералдық заттар.*

**ИЛЛЮВИЙЛІК** сын. геол. *Иллювийге қатысты, соған тән.*

**ИЛЛЮЗИОНИЗМ** [франц. illusionnisme] зат. **1.** филос. *Жоғары құндылықтар мен бүкіл қоршаған әлем ойдан жасалған алдамшы сезімдер деген философиялық көзқарас.* **2.** өнер. ***Көзбайлаушылық*** *(цирк және эстрада өнерінде арнайы тәсілдер мен аппаратура арқылы алдамшы «сиқыр» эффектісін жасайтын әртістің шеберлігіне негізделген өнер түрі).*

**ИЛЛЮЗИОНИСТ** зат. **1.** филос. *Жоғары құндылықтар мен бүкіл қоршаған әлем ойдан жасалған алдамшы сезімдер деген философиялық көзқарасты ұстанушы.* **2.** өнер. ***Көзбайлаушы*** *(көзбайлаушылық, сиқыр көрсету өнерінің шебері, цирк немесе эстрада әртісі).*

**ИЛЛЮЗИЯ** [лат. illusio] зат. **1.** *Алдамшы пікір, қате көзқарас, сыртқы дүниенің жаңсақ қабылдануы.* **2.** терм. *Әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсеріне байланысты шындықтағы нысаналарды қате қабылдау.*

**ИЛЛЮМИНАТ** тар. *Еуропадағы жасырын діндік-саяси қоғамның мүшесі.*

**ИЛЛЮМИНАТОР** [лат. illuminator] зат. *Кемеде, ұшақта және т. б. болатын ауа, су кірмейтін, нығыз жабылған дөңгелек терезе.*

**ИЛЛЮМИНАЦИЯ** [лат. illuminatio] зат. тех. *Мерекеге, салтанатты той-жиынға арнап ғимараттар мен көшелердің әсем жарықтандырылуы.*

**ИЛЛЮСТРАТИВТІК** зат. әдеб. *Қандай да бір сала бойынша белгілі болған ойларды, логикалық идеяларды немесе формулаларды ерекше айшықты көрсету үшін қолданылатын көркемдеу тәсілі.*

**ИЛЛЮСТРАТОР** [лат. illustrator] зат. полигр. *Мәтін мазмұнына байланысты сурет салатын суретші.*

**ИЛЛЮСТРАЦИЯ** [лат. illustratio] зат. **1.** полигр. *Иллюстрация жасау процесі; безендірілу.* **2.** *Кітап, журнал т.б. мәтінін толықтырып түсіндіріп тұратын көрнекті сурет.* **3.** *Бір ұғым не құбылысты көрнекті түрде көрсететін мысал, құрал.*

**ИЛЛЮСТРАЦИЯЛА=** ет. полигр. *Көркемдеу, суреттермен, көрнекіліктермен безендіру.*

**ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАУ** *Иллюстрацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Иллюстрацияға қатысты, соған тән.*

**Иллюстрациялық графикалық кірме мәліметтер.** инф. <ағыл. clip art> *Қолданбалы бағдарламаларға қосымша ретінде немесе олардан бөлек сатып алына беретін авторлық шығармаларды безендіру кезінде пайдаланылатын дайын көркем бейнелер.*

**ИЛОКТАР** зат. *Филиппинде тұратын, антропологиялық жағынан оңтүстік азиялық өтпелі нәсілге жататын халық.*

**ИЛОТ** [грек. heilotes] зат. тар. *Ежелгі Спартада мемлекетінің жекеменшігіндегі жер иесі, шаруа.*

**ИЛТИПАТ** зат. ескі кіт. ***Ілтипат*** *(игі ниет, тілек).*

**ИЛТИФАТ** зат. ескі кіт. **1.** ***Ілтипат*** *(игі ниет, тілек).* **2.** *Назар, ықылас.*

**ИЛТІМАС** [ар. إلتماس] зат. көне. *Тілек, өтініш.*

**ИЛХАД** зат. діни. ***Дінбұзушылық.***

**ИЛХАМ** [ар. إلهام] зат. ескі кіт. **1.** *Ұйыта айту, сендіре айту қасиеті.* **2.** *Шабыт, рух. // Шабытты, рухты.*

**ИЛЬҺАМ** зат. ***Илхам*** *(шабыт, рух).*

**ИЛІ** сын. **1.** *Иге салынған, иі бар.* **2.** *Иі жұмсақ, иі қанған.* **3.** ***Илік*** *(тері өңдеуде қолданылатын).*

**Илі заттар.** сөйл. ***Илік заттар.*** **Илі қайыстай болды.** *Биязы, жұмсақ, жайлы болды.*

**ИЛІГУ** *Илік етістігінің қимыл атауы; иілу, икемге келу.*

**ИЛІК=** ет. **1.** *Иілу, икемге келу.* **2.** ауыс. *Жібу, елжіреу, көну.*

**ИЛІК** сын. хим. тех. *Тері өңдеуде, илеуде қолданылатын.*

**Илік [зат] заттар.** хим. *Минералдық және органикалық болып келетін тері өңдеуде қолданылатын химиялық заттар.*

**ИЛІКПЕЛІ: ілікпелі баға.** экон. *Тауардың сұранымы мен ұсынымының арақатынасының өзгеруіне тез икемделетін баға.*

**ИЛІКТАРАН** зат. өс. <лат. poligonum coriarium grig> *Тарандар тұқымдасы, таран туысына жататын тері илеуде кең қолданылатын көпжылдық шөпсабақтас өсімдік.*

**ИЛІКТІР**=ет. **1.** *Иілдіру, иілту.* **2.** ауыс. *Көндіру, бағындыру, айтқанын істету.*

**ИЛІКТІРУ** *Иліктір етістігінің қимыл атауы; бағындыру, көндіру.*

**ИЛЬМА: ильма тұқымдасы.** бот. ***Шегіршін тұқымдасы*** *(ағаш, кейде бұта түрінде өсетін қосжарнақты өсімдіктердің бір тұқымдасы).*

**ИЛЬМЕНИТ** зат. хим. *Ильмень тауынан табылғанына байланысты, аталған,ильменат титанды теміртас, оксидтер табына жататын минерал.*

**ИМА** зат. этн. *Име, биязы шекпен, биязы жүннен сәндеп тоқылған жеңіл сырт киім.*

**ИМАГО** [лат. imago] зат. зоол. *Жәндіктер дамуындағы құыршақ не нимфа сатыларынан өтіп, көбею қалпына жеткен, қанаты қалыптасатын кезең.*

**ИМАЖИЗМ** [ағыл. imagism] зат. әдеб. *Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында ағылшын және америка поэзиясында қалыптасқан декаденттік ағым.*

**ИМАЖИНИЗМ** [франц. image] зат. әдеб. *Мақсатты образ жасауды форма шығармашылығында мәннен, идеядан жоғары тұрады деп санайтын 1920 жылдары Ресейде пайда болып, қоғамның ауқатты тобының көңіл-күйін білдірген поэзиядағы ағым.*

**ИМАЖИНИСТЕР** зат. әдеб. *Әдебиеттегі имажинизм ағымын ұстанушылар.*

**ИМАЖИНИСТІК** сын. әдеб. *Әдебиеттегі имажинистік ағымға қатысты, соған тән.*

**ИМАМ** [ар. إيمان] зат. діни. **1.** *Мешітті басқаратын дін басшысы, жетекші.* **2.** *Намаз оқығанда алда тұратын діни тұлға.* **3.** *Имам-халифа, мұсылман мемлекеттерінде дүниауи және діни лауазымдарды бірге алып жүретін ел билеушісінің шені, сол шен иесі.* **4.** *Сунниттер мен шииттердің діни заң, ережелерінің негізін салушылар.* **5.** көне. сөйл. *Діни білімі жоғары, сауатты, білімді адам, молда; рухани дүниесі таза, бұл дүниенің күйбеңіне салынбайтын салмақты адам.*

**Имам болды**. діни. *Жамағатпен намаз оқығанда алда тұрып, намазды басқарды.* **Имам етті**. *Имам болғызды, намазда алға тұрғызды.* **Имам Ағзам [ағза]**. діни. а) *Халық арасында үлкен құрметке бөленіп, әулие атанып кеткен діни ілімнің білімдары, діншіл зацгер, ислам діндегі төрт мазһабтың бірінің негізін салушы Әбу Ханифаның бір аты [Әбу Ханифа әл-Нұғман бин Сәбит әл-имам әл-Ағзам (699-767 жж.) – ханафиттік мазһабтың негізін салған сунниттік төрт ұлы имамның бірі, исламның діни іліміндегі жазба дәстүрді қалыптастырушылардың бірі, ислам негіздері туралы бірнеше еңбектердің авторы, хадистер жинағын құрастырушы].* **Имам Ағзам жолы.** діни. *Адалдықтың, иманның, тазалықтың жолы.* **Имам Ағзам мазһабы [мәзһабы]**. діни. *Исламда сунниттік ағымдағы Әбу Ханифа негізін қалаған діни-құқықтық төрт мектептің бірі, ханифалық жол.* **Имам Ағзам сауда**. діни. көне. *Адал, таза ниет, қулық-сұмдығы жоқ, әділ сауда.*

**ИМАМАТ** зат. діни. *Феодалдық-діни (теократиялық) мемлекет немесе әкімшілік-аймақтық бірлік.*

**ИМАМАТТЫҚ** зат. діни. *Имамдық, имамға қатысты қызмет.*

**ИМАМДЫҚ**[1] зат. діни. **1.** *Мешіт имамдарының тиісті жалақысынан басқадай алып отыратын пайда, үлес-сыбағасы.* **2.** *Имамның атқаратын қызметі.*

**ИМАМДЫҚ**[2] зат. діни. **1.** ***Имамшылдық*** *(мұсылмандарға мирасқорлық жолымен ең жоғары басшы болуға құқық беретін ислам догмасы).* **2.** *Мұсылман теократиясының бір түрі.* **3.** *Имамға тән атақ, дәреже, құқық.* **4.** *Намазда имамның алда тұру рәсімі.*

**ИМАМИЯ** зат. діни. *Имамшылар шейіттік исламның негізгі тармақтарының бірі, Әли әулетінен шыққан он екі имамды мойындайтын әсіре шейіттер.*

**ИМАМСЫЗДЫҚ** зат. *Намазда имамның алда тұру рәсімінің болмауы.*

**ИМАМ-ХАЛИФА** зат. діни. *Мұсылман мемлекеттерінде дүнияуи және діни лауазымдарды бірге алып жүретін ел билеушісінің шені, сол шен иесі, халиф.*

**ИМАМШЫЛДЫҚ** зат. діни. *Имам туралы ілім, мұсылман қауымын басқарудың дүнияуи билік пен рухани билік ұштасатын ең жоғарғы жүйесі.*

**ИМАН** [ар. ايمان ] зат. **1.** діни-филос. *Ислам діндегі бес парыздың бірі, яғни Алла тағаланың жалғыз, біреу екеніне, Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) оның елшісі екеніне сену; мұсылмандықтың негізгі шарты.* **2.** діни. *Алла тағаладан, Құдайдан қорқушылық, мұсылмандық жолды, ахлақты ұстанушылық, діни сенім.* **3.** *Адам бойына тән ізгілік, адалдық, ар-ұждан; ұят, адамгершілік.* **4.** ауыс. *Байлам, тоқтам; байлаулылық, тұрақтылық, айнымас сенім.* **5.** ауыс. *Адамның бүкіл жан дүниесіне, сезіміне қуат беретін рухани күш.* **6.** *Ант, уәде сөз, серт.*

**Иман айтқызды.** *Адамның жантәсілім ететін шағында Алладан барлық күнәлары үшін кешірім сұратып, бір Алла тағаладан басқа Құдай жоқ екенін мойындағанын айтып ғибадат еткізді.* **Иман атын ұмытты.** *Құдайын ұмытты, Алладан қорықпады, ар-ұяттан аттап кетті.* **Иман бар деп азанға барма.** *Алла тағалаға деген сенімді және оған құлшылық етуді, мұсылмандық жолды тек мешіттегі ғибадаттан ғана іздеме деген мағынада.* **Иман берсін [бер]**. көне. *Риза болғанда айтылатын діни алғыс.* **Иман берді**. *Тәлім-тәрбие берді, жөн көрсетті.* **Иман жүзді.** 1. *Инабатты, жүзі жылы.* 2. *Ар-ұяты бар, кішіпейіл, тәрбиелі, көргенді.* **Иман орнады**. *Сенімі орнықты, сенімі күшейіп, байланды.* **Иман бұзды.** *Азғындады, рухани азғындық жолына салынды.* **Иманға үндеді.** діни. *Бір Аллаға мойынсынуға, ислам жолына түсуге шақырды.* **Иманды жан.** *Аллаға сенетін, діни парызын орындайтын адам.* **Иманды кісі.** *Ұяты, ар-иманы бар адам, таразысы тең ақыл иесі.* **Иманды қадір тұтты.** діни. *Аллаға сенуді, құлшылық етуді, Алладан қорқуды бәрінен жоғары қойды.* **Иманды құлға жолықсын [кез келгір]**. көне. тілек. *Ұяты-ары бар, ізгі ниетті, тілеуі ақпен кездессін деген мағынадағы бата-тілек.* **Иман жолы.** діни. *Мұсылмандық ахлақ пен ислам қағидаларын сақтаған өмірлік бағыт.* **Иман жүзді.** *Ар-ұяты, ұждаңы бар, кішіпейіл, жылы жүзді.* **Иман жүзін тоздырды.** *Беті бүлк етпей өтірік айтты, ұялмады.* **Иман келтірді.** а) діни. *Алланың біреу екеніне, одан басқа Құдай жоқ екеніне сенді, сол сенімін сөзбен айтып, жүрекпен бекітті.* ә) *Сенді, иланды, нанды.* **Иманмен қаптап қойғандай.** бейн. *Бір көргенге мұнтаздай, күнәдан пәк кісідей.* **Иманмен өтті.** *Өле-өлгенше Аллаға сеніп, оған құлшылық қылды.* **Иманнан айырылды.** *Алланың жалғыздығы мен құдіретіне сенбеушілік білдірді, Құдайды ұмытты.* **Иманнан [басқа] жақын жоқ.** діни. *Бұл дүниеде пендеге Аллаға мойынсыну мен ғибадат етуден басқа сауапты іс жоқ.* **Иманнан безді.** *Құдайды, оған құлшылық етуді ұмытты, күнә жасады.* **Иманның отауы**. бейн. **Иман салу**. *Алла тағалаға құлшылық етіп, өлер алдында кәлимасын айту.* **Иман сұрады** діни. *О дүниелік болғанда, күнәсін кешіріп, Аллаға сенімін білдіріп, ғибадатын қабыл алсын деп жалбарынды.* **Иман тапты.** діни. *Бір Алла тағалаға деген сенім мен бойсұнушылыққа қол жеткізді.* **Иман таразыға салды**. *Байыппен бағдарлады, байқады, ұятқа қалмайтындай салмақтап өлшеді.* **Иман таразы қалыпқа келді.** а) *Сабырлы қалпына түсті, байыптап, бағдарлай алатындай күйге келді.* ә) *Жөнге келді, қалыпты күйге түсті.* **Иман таразы сөз.** жерг. *Шын сөз, әділ сөз.* **Иман үйіру**. діни. *Дүние салғалы жатқан адамға жасалатын мұсылмандық ғұрыптардың бірі [адамның жан беруін жеңілдету немесе фәни дүниеде соңғы рет құлшылық еткізу үшін молда немесе басқа да сауатты адам «кәлима-и сөздер» мен Құран сүрелерін оқиды; жан беретін адам мүмкіндігінше қайталап айтады, сүреден кейін оған «мейрамсу (имансу)» ішкізіледі].* **Иманы айғақ.** *Ар-ұжданы куә.* **Иманы бетінде үзіліп тұр.** *Ұяң, ибалы, тәрбиелі екені бет-жүзінен де көрініп тұр.* **Иманы ғасыл болды.** *Төбе шашы тік тұрды, иманы тас төбесіне шықты.* **Иманы жар.** *Ұяты білсін.* **Иманы жоқ.** *Имансыз, Аллаға сенбейтін.* **Иманы жолдас [кәміл] болсын.** діни. тілек. *О дүниеде бақытты болсын, бұл дүниеде жасаған жақсылығы жұмаққа апарсын деген тілек.* **Иманы кәміл.** *Сенімі күшті, ешбір күмәні жоқ.* **Иманы қасым болды.** *Үрейі ұшты, зәре-құты қалмады, қатты қорықты.* **Иманым күйсін.** қарған у. *Біреуді сендіріп, иландыру үшін айтылатын жаным шықсын, тұқымым құрысын деген сияқты мағынадағы қарғану сөзі.* **Иманы қалмады.** *Зәресі ұшты, құты қашты, қатты қорықты.* **Иманы қашты.** *Зәре-құты ұшты, үрейленді, шошыды.* **Иманы таяқтай болды.** *Зәресі ұшты, зәре-құты қашты, жаны түршікті.* **Иманын ұшырды.** *Қатты үрейлендірді, құтын қашырды.* **Иманына берік**. *Уәдесіне, сертіне берік, сөзінен таймайтын.* **Иманына қамшы баспады.** *Сыйлау мағынасында айтылады.* **Иманын айтты.** а) діни. *Жантәсілім ететін шағында Алладан барлық күнәлары үшін кешірім сұрап, бір Алла тағаладан басқа Құдай жоқ екенін мойындағанын айтып ғибадат етті, Құдайға сиынды.* ә) *Қатты қорықты, үрейі ұшты.* **Иманыңа қамшы баспайын.** *Сыйлау мағынасында айтылатын шамыңа тимейін, намысыңа тиетін сөз айтпайын дегенді білдіретін сөзқолданыс.* **Иманын алға тартты.** *Иманын желеу етті, иманын беделінің кепілі ретінде көрсетті.* **Иманын берсін.** тілек. діни. *Марқұмды Алла тағала рақымымен, салауатымен жарылқасын, күнәларын кешірсін, иманды болсын деген мағынадағы кісі қайтыс болғанда айтылатын тілек сөз.* **Иманын білді.** *Алланың біреу екеніне, одан басқа Құдай жоқ екеніне сенді, ислам жолына түсті, Аллаға ғибадат етуді үйренді.* **Иманын сатты.** *Ар-ұжданын, дінін, ұятын айырбастады, саудалады.* **Иманын тіледі.** *О дүниелік болғанда Алладан рақым, салауат, күнәларының кешірілуін тіледі.* **Иманын үйірді.** а) діни. *Өлер алдында, жан тапсырарда кісіге құран оқытты.* ә) *Үрейін ұшырды, қатты қорқытты.* **Иманын ұшырды.** *Үрейін алды, қатты қорқытты, зәре-құтын қашырды.* **Иманын жаудырды.** *Қайта-қайта Құдайға жалбарынды, жан-жақтан құлшылық етті.* **Иманы саламат болсын.** тілек. діни. *Алла тағала марқұмның иманын кәміл етсін, жанын жаннаттан қылсын деген мағынадағы кісі қайтыс болғанда айтылатын тілек сөз.* **Иманы тас төбесіне шықты.** *Зәресі ұшты, қатты қорықты.* **Иманы түршікті.** *Шошынды, зәре-құты қашты.* **Иманы ұшты.** *Қатты қорықты, зәресі қалмады.* **Иманы шошыды.** *Зәресі ұшты, қорықты.* **Иманы іміра болғыр** жерг. ***Иманы жолдас болсын.***

**ИМАНҒИБАДАТ** зат. діни. *Аллаға сенім және құлшылық, мұсылмандықтың шарттарын, парыздарын орындау шарттары.*

**ИМАНДАЙ** сын. **1.** *Иман тәрізді, иман сияқты.* **2.** ауыс. *Шын, рас, адал, таза.*

**Имандай сенді.** *Адал жүрегімен, бар ынта-ықыласымен иланды, сенімі күшті болды.* **Имандай сақтады.** *Ешкімге айтпады, сыр шашпады.* **Имандай ұйыды.** а) *Кәміл сенді, әбден иланды, мойындады.* ә) *Әбден ұялады, бекіді, берік орнықты.*

**ИМАНДАС** сын. **1.** *Діни нанымы, сенімі ортақ, діні бір.* **2.** *Пікірлес, сырлас, идеясы, ой-арманы бір.*

**ИМАНДЫ** сын. **1.** діни. *Дінге сенімі мықты, иманы бар, діншіл.* **2.** діни. *Алла күнәсін кешірген, рақымын берген (марқұм туралы).* **3.** ауыс. *Ар-ұяты күшті, әділ, дұрыс.* // *Аллаға сенім келтірген, оның жалғыз жаратушы екенін мойындаған, Құдайдан қорқатын адам, мұсылман кісі.*

**Иманды адам [кісі]**. *Ұятты, әділ-қалыстығы бар кісі; таразысы тең ақыл иесі.* **Иманды бол.** тілек. *Алла күнәларыңды кешіріп, рақымымен жарылқасын деген мағынадағы өлген кісіге қарата айтылатын тілек сөз.* **Иманды болды**. *Дүние салды, қайтыс болды, марқұм болды.* **Иманды болсын.** тілек. *Алла тағала марқұмның иманын кәміл етсін, жанын жаннаттан қылсын деген мағынадағы кісі қайтыс болғанда айтылатын тілек сөз.* **Иманды құл.** діни. *Нағыз мұсылман адам, Аллаға сенім келтірген, оған құлшылық қылатын Құдайдың сүйікті пендесі.*

**ИМАНДЫҚ** зат. **1**. *Иманның шарттары, мұсылмандық туралы кітапша, иманшарт.* **2.** *Алланың рақымы, мейірімі, салауаты.*

**ИМАНДЫЛЫҚ** зат. **1.** діни. *Алла тағалаға иман еткен адамға біткен көркем мінез.* **2.** *Адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі.* **3**. *Ар-ұждан, биік ахлақтық ұстаным, тұлғаның рухани-ахлақтық бет-бейнесі.*

**ИМАНЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. plantago> *Иманжапырақтар тұқымдасына жататын, су жиектерінде, жол жағаларында өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, көпжылдық өсімдік..*

**ИМАН-ЗІКІР** [ар. ايمان ذكر ] зат. діни. *Аллаға сенушілік пен үнемі Алланы есте ұстаушылық.*

**ИМАНИ** сын. діни. *Иманды, таза, адал; дінге тән, дінге қатысты.*

**Имани гүл.** поэт. *Иманды нәрсе, имандылық белгісі.*

**ИМАНИН** зат. **1.** хим. *Өсімдік ағзаларынан алынатын химиялық зат.* **2.** мед. *Сырт жарақаттарды емдеуге қолданылатын антибиотик.*

**ИМАН-ИСЛАМ** зат. сөйл. *Имандылық, мұсылмандық негіздері.*

**ИМАНКИІЗ** зат. этн. *Өлген адамның денесін жерлеуге шығарғанда орайтын киіз.*

**ИМАНМАСЫЛАУ** сын. жерг. *Әумесер, алаңғасар, бәдік.*

**ИМАН-НАМАЗ** зат. сөйл. *Имандылық, ислам ғибадаттарының негіздері.*

**ИМАН-СЕРТ** зат. сөйл. *Берік уәде, серт.*

**ИМАНСУ** зат. діни. *Жантәсілім шақта жатқан адамға о дүниеге көп қиналмай аттануына септігін тигізеді деген наныммен ішкізілетін су.*

**ИМАНСЫЗ** сын. **1.** *Құдайсыз, дінсіз, діннен безген.* **2.** ауыс. *Ұятсыз, арсыз, оңбаған. // Ұятсыз, намыссыз, жеке бас қамын басқадан артық қоятын қанағатсыз, тоғышар адам.*

**Имансыз кетті.** діни. а) *Жан тапсырар шақта Алланы еске алып, кәлима айтпай, иманын үйірмей о дүниелік болып кетті [Алла тағала о дүниелік болар шақта кәлимасын айтқан мұсылман адамның барлық күнәларын кешіреді].* ә) *Дүние салғанша Аллаға иман келтірмей өтті.* **Имансыз құл.** діни. *Аллаға деген сенімі болмаған немесе сенімін жоғалтқан Құдайдың жаратқан пендесі.* **Кәлиманы айтпаса, имансыз болып өледі.** діни. *Алла тағала о дүниелік болар шақта кәлимасын айтқан мұсылман адамның барлық күнәларын кешіреді, ал кәлиманы айтпаған мұсылман адам иманынан айырылады.*

**ИМАНСЫЗДЫҚ**[1] зат. *Діннен безгендік, дінсіздік, құдайсыздық.*

**ИМАНСЫЗДЫҚ**[2] сын. *Құдайсыздыққа, дінсіздікке тән.*

**ИМАНШАРТ** зат. **1.** діни. *Алланың хақтығы мен оның кітаптарына, періштелерге, пайғамбарларға, ақырет күніне, тағдырға сену және мойынсыну шарттары.* **2.** *Араб әрпімен жазылған діни оқулық, әліппе, кітап.*

**ИМАНШАРТТАЙ** сын. *Иманшарт сияқты, қасиетті ережелердей.*

**ИМАНШӨП** зат. өс. сөйл. ***Иман-жапырақ.***

**ИМАНШЫЛЫҚ** зат. діни. ***Имандылық.***

**ИМАРАТ** зат. сөйл. **1.** ***Ғимарат.*** **2.** ***Үймерет*** *(ғимарат ішіндегі бөлме, орынжай).*

**ИМАРАТТЫ** сын. сөйл. ***Ғимаратты.***

**ИМБЕЦИЛЬДІК** зат. психол. *Туа біткен психикалық кемістіктің – олигофренияның – ауырлығы орташа нышаны.*

**ИМБИРЬ** зат. өс. [нем. Ingber] ***Жанжабіл*** *(занзабіл, зімбір, тропикте қолдан өсірілетін көпжылдық өсімдік).*

**ИМЕ** зат. *Құлыптың, кісеннің кілттеуге арналған доға сияқты иілген жері.*

**ИМЕЙ=** ет. сөйл. ***Ими*** ***(қайқай).***

**ИМЕЙДЖ** зат. инф. *Мәліметтер шығару құрылғыларында (дисплей, принтер т.б.) графикалық бейнелерді кескіндеу формалары.*

**ИМЕЙГЕН** сын. сөйл. ***Имиген*** ***(иіліңкі).***

**ИМЕЙІҢКІРЕ=** ет. сөйл. ***Имиіңкіре*** *(иіліңкіре).*

**ИМЕК** сын. **1.** *Доға тәрізді ішке қарай иілген, бүгілген.* **2.** *Бүкірейген, еңкіш.* **3.** *Төмен қарай иіңкі, салбыраңқы, майысып бүгілген.* **4.** *Иір-қиыр, бұралаң, қисық.*

**Имек итошаған.** өс. <лат. bidens cernua>. *Күрделігүлділер тұқымдасы итошаған туысына жататын өсімдік түрі.* **Имек [сүйір] мұрын.** *Ұзын, ұш жағы имиген мұрын.* **Имек шөңгебас.** өс. <лат.ceratocephala falcata> *Сарғалдақтар тұқымдасы шөңгебас туысына жататын өсімдік түрі.* **Имек ыңғыру.** қолөнер. *Қуыс бұйымдарды оюға арналған құрал, сайман түрі.* **Имек қармақ.** зат. *Балық аулауға арналған құралдың бір түрі.* **Имек қас.** поэт. *Қиғаш, иілген қас.* **Имек таяқ.** спорт. *Хоккей ойыншыларының таяғы (клюшка).*

**ИМЕКАҒАШ** зат. жерг. *Мойынағаш, иінағаш.и*

**ИМЕКБАСГҮЛ** зат. өс. *Желімжапырақ.*

**ИМЕКДӘН** зат. өс. *Дәні иіліп келген шөп.*

**ИМЕК-ИМЕК** сын. *Иір-иір.*

**ИМЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Доға тәрізді болып келу, иілу.* **2.** *Иірілу, иірленіп келу.*

**ИМЕКТЕЛУ** *Имектел етістігінің қимыл атауы.*

**ИМЕКТЕУ** сын. **1.** *Доға тәрізді дөңестеу, сәл иіңкі.* **2.** *Еңкіштеу, бүкіштеу.*

**ИМЕКТІК** зат. *Иіңкілік, ішке қарай имек келгендік.*

**ИМЕН=** ет. **1.** *Біреуден жасқану, қорқу, тайсалу, қаймығу.* **2.** *Ұялу, қысылу, қымсыну; әдеп сақтау.* **3.** ауыс. *Тыйылу, тоқтау, тосылу.*

**ИМЕНДІР=** ет. *Тосылдыру, жасқанту.*

**ИМЕНДІРУ** *Имендір етістігінің қимыл атауы.*

**ИМЕНИЕ** зат. тар. *Ресей помещиктерінің – ірі жер иеленушілерінің иелігіндегі, әдетте, үй-жайымен бірге алғандағы меншікті жері, жер меншігі, алпауыт қожалығы.*

**ИМЕНТ=** ет. *Жасқанту, қорқыту.*

**ИМЕНТУ** *Имент етістігінің қимыл атауы.*

**ИМЕНУ** *Имен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үрку, қорқу, жасқану.* **2.** психол. *Адамның не жан-жануардың қоршаған ортада өзін қорғау мақсатындағы қимыл-әрекеті.*

**ИМЕНШЕК** сын. **1.** *Жасқаншақ, қорқақ; жігерсіз.* **2.** *Тым ұялшақ, ұяң; тартыншақ.*

**ИМЕНШЕКТЕ=** ет. **1.** *Жасқаншақтық білдіру, батыңқырамау.* **2.** *Ұялыңқырау, қымсыныңқырау.*

**ИМЕНШЕКТЕУ** *Именшекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИМЕНШЕКТІК** зат. **1.** *Жасқаншақтық, қорқақтық.* **2.** *Ұялшақтық, ұяңдық, қымсынғыштық.* **3.** психол. *Адамның не жан-жануардың қоршаған ортада өзін қорғау мақсатындағы қимыл-әрекет негізінде қалыптасқан сақтанғыштық қасиеті, дағдысы.*

**ИМЕНІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Жасқаныңқырау, жүрексініңкіреу, тайсалыңқырау.* **2.** *Ұялыңқырау, қымсыныңқырау.*

**ИМЕНІҢКІРЕУ** *Именіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИМЕНІП-ҚЫМСЫН=** ет. *Ұялу, қысылу.*

**ИМЕНІС**[1]**=** ет. *Тартынысу, жасқанысу.*

**ИМЕНІС**[2]**: тіршілік ету иненісі.** психол. *Өзін-өзі сақтау түйсігі, сақтанғыштық биологиялық дағды.*

**ИМЕҢ** елік. *Иіліп, бүгіліп алып, бүрсеңдеген қысқа қозғалысты білдіретін бейнелеуіш сөз.*

**Имең қақты.** а) *Имеңдеді; бүрсеңдеді.* ә) *Майманғдады, құрдай жорғалады.*

**ИМЕҢ-ИМЕҢ** елік. *Иіліп, бүгіліп алып, қайта-қайта бүрсеңдеген қозғалысты білдіретін бейнелеуіш сөз.*

**Имең-имең етті.** *Итеңдеді, маймаңдап жүрді.*

**ИМЕҢДЕ=** ет. *Имең-имең ету, еңкеңдеу.*

**ИМЕҢДЕУ** *Имеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ИМИ=** ет. **1.** *Иіңкі келу, ішке қарай иілу.* **2.** *Бүкшию, ішке қарай бүгілу, еңкіштену (адам туралы).*

**ИМИГЕН** сын. *Бүкшиген, арық, ілмиген,*

**ИМИДЖ** [ағыл. image] зат. **1.** қоғ. *Іскер адамның, қоғам қайраткерінің және т.б. көпшілікке танымал адамның бет-бейнесі, оның қоғамдағы беделі.* **2.** өнер. *Адамның өзіне тікелей немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мақсатты түрде белгілі бір зат немесе адам жөніндегі керекті мәліметтерді бейнелеп көрсету өнері.* **3.** экон. ***Бедел-бейне, бет-бейне*** *(нарықтан берік орын алу кепілі мақсатымен тауарды дайындаушы немесе сатушы өндіріс орны, тауардың өзі немесе қызмет түрі туралы оң көзқарас қалыптастырып, оны тұрақтандырушы немесе оған залал келтіруші оның бет-бейнесі).*

**ИМИДЖЕОЛОГИЯ** [грек. image – бейне, logos – ғылым] зат. саяси. жаңа. *Саяси технологиялардың, саяси тұлғаның жетекшілік қабілеттерінің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін саясаттану ғылымының саласы.*

**ИМИДЖМЕЙКИНГ** зат. саяси. жаңа. *Саяси имиджеологияның әдісін, саясаткерлердің бет-бейнесін, беделін анықтау, жасау.*

**ИМИДЖМЕЙКЕР** [ағылш.image maker] зат. саяси. жаңа. *Имиджмейкингпен айналысатын, имидж қалыптастырушы маман.*

**ИМИНДЕР** зат. хим. *Имин тобы, NH құрамында көп кездесетін органикалық қосылыстар.*

**ИМИНОЭФИРЛЕР** зат. хим. *Имино-карбон қышқылдарының күрделі эфирлері.*

**ИМИТ=** ет. *Шілмиту, әбден жіңішкертіп жіберу, бүкшиту; аздыру.*

**ИМИТАТОР** зат. **1.** *Біреуді немесе бірдемені шебер қайталаушы, эстрадалық дауысқа еліктеуіш әртіс.* **2.** *Бірдемені мүмкіндігінше дәл қайталауға негізделген құрал, қондырғы.*

**ИМИТАЦИЯ** [лат. imitatio] зат. **1.** муз. *Көпдауысты шығармаларда негізгі тақырыптың әуелі бір дауыста, кейіннен басқа дауыстарда кезекпен қайталануы.* **2.** кіт. *Біреудің, бірдеменің айнытпай, қайталанып салынуы.* **3.** кіт. *Түпнұсқаның, заттың көшірмесі, қайталамасы.* **4.** өнер. *Өнертану мен мәдениеттануда белгілі бір өнердің стиліне, мектебіне, бағытына, шеберлік мәнеріне еліктеу.*

**ИМИТАЦИЯЛЫҚ** сын. муз. *Имитацияға тән, соған қатысты.*

**Имитациялық әдістер.** саяси. *Саясаттың қандай да бір қырларын ойын түрінде көрсететін үлгілеудің тәсілі.* **Имитациялық құралдар.** әск. *Соғыс техникасы үлгілерінің жұмыс жасау және олардың жануының сыртқы көрінісін елестетуге, әскерді бүркеуге және т.б. арналған аппаратуралар мен құрал-жабдықтар.*

**ИМИТУ** *Имит етістігінің қимыл атауы.*

**ИМИІҢКІРЕ=** ет. *Ішке қарай иіліңкіреу, бүгіліңкіреу.*

**ИМИІҢКІРЕУ** *Имиіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИМИЮ** *Ими етістігінің қимыл атауы.*

**ИММАНЕНТТЕР** зат. филос. *Имманентті философияның өкілдері, имманенттік философиялық ағымдағы көзқарасты ұстанушылар.*

**ИММАНЕНТТІ** [лат. immanens] сын. терм. *Заттың өз табиғатына тән; тиісті, қатысты, барабар.*

**Имманентті философия.** филос. *Сананы бірден-бір реалды, заттар мен құбылыстардың болмысы санаға байланысты деп түсіндіретін философиядағы субъективтік, идеалистік бағыт.*

**ИММАНЕНТТІК** [лат. immanens] зат. филос. *Іштей бір затқа я құбылысқа тәндікті, қатыстықты білдіретін, белгілі бір қасиеттілікті көрсететін идеалистік ілімдерде қолданылатын ұғым.*

**ИММЕЛЬМАН** зат. авиац. *Жоғарғы пилотаждың бір фигурасы.*

**ИММЕРСИЯ** [лат. immersio] зат. терм. *Ақиқат нақтылықтан виртуалдық нақтылыққа, өтпелі үдерістерге кіруші ретінде виртуалдық универсумға қатысушының бастан өткеретін сезімі.*

**ИММЕРСИЯЛЫҚ** [лат. immersio] сын. терм. *Иммерсияға қатысты, соған тән.*

**Иммерсиялық әдіс.** физ. *Қатты күйдегі заттардың сәуле сындыру көрсеткішін анықтауға арналған әдіс.* **Иммерсиялық жиынтық.** физ. *Сыйымдылығы 1-2 мл-ден аспайтын 30-50-100 түтікшелерге әдейі құйылып дайындалған, сыну көрсеткіштері 1,4-1,8 аралығындағы иммерсиялық сұйықтықтар жиынтығы.* **Иммерсиялық жүйе.** физ. *Нәрсе мен бірінші линзаның арасы иммерсиялық сұйықтықпен толтырылған оптикалық жүйе.* **Иммерсиялық препарат.** геол. *0,05-0,30 мм-ге дейін ұнтақталып, екі әйнектің арасына салынып зерттелетін минерал түйірлері.* **Иммерсиялық сұйықтық.** геол. *Минералдарға тән жарық*

*сәулелері сынуының көрсеткіштерін сәйкестіре анықтау мақсатында қолданылатын, сәуле сыну көрсеткіштері алдын ала белгілі сұйық жиынтығы.* **Иммерсиялық талдау**. геол. *Сұйықтарға не қорытпаларға батырып, минералдың сыну көрсеткішін анықтау әдісі.* **Иммерсиялық талдау.** хим. *Ұнтақталған заттың сыну көрсеткішін белгілі бір сұйықтықтардың ішіндегі оның интерференциялық суретін салыстыру арқылы анықтайтын әдіс.*

**ИММИГРАНТ** [лат. immigrans] зат. **1**. *Екінші бір басқа елге көшіп барған шетел азаматы не азаматтығы жоқ тұлғалар.* **2**. зоол. *Өзінің мекендеген орнынан басқа аймақтарға көшкен жануар.*

**ИММИГРАЦИЯ** [лат. immigrare] зат. **1**. *Шетел азаматтарының екінші бір басқа елге көшіп баруы, қоныстануы.* **2**. зоол. *Жануарлардың өз орнынан басқа аймақтарға көшуі.*

**ИММИГРАЦИЯЛЫҚ** зат. *Иммиграцияға қатысты, соған тән.*

**ИММОБИЛИЗАЦИЯ** зат. **1**. мед. ***Иммобильдеу***. **2**. экон. *Өзгермелі қаражатты өзгермейтін және айналымды қаражатты айналымды емес қаражатқа айналдыру.*

**ИММОБИЛЬДЕУ** зат. **1**. мед. *Қатты таңғыштар немесе бекіткіш арқылы адам денесінің зақымданған немесе ауырған бөлігінің қозғалыссыздығын қамтамасыз ету.* **2**. экол. *Тасымалдайтын жағдайға келтіру не емдік амал қолдану үшін химиялық заттектерді енгізу арқылы жануарларды қимылдатпай тастау.*

**ИММОРТЕЛЬ** зат. кәсіп. **1**. *Француз академиясының өмір бойына сайланған мүшесі.* **2**. [франц. immortel] бот. *Күрделі гүлділер тұқымындағы, өзінің табиғи түрі мен түсін құрғақ күйде болғанда сақтайтын өсімдік түрі.*

**ИММУНГЛОБУЛИНДЕР** зат. хим. *Бірбірімен дисульфидтік көпіршемен байланысқан, полипептидтік массалары бойынша тең емес жұптардан тұратын молекулалық массасы 180-1000 кДА гликопротеин тобы.*

**ИММУНДАУ** зат. мед. *Ағзаның иммунитетін күшейту мақсатында егу жүргізу.*

**ИММУНДЫ: иммунды глобулиндер.** хим. ***Иммунглобулиндер.***

**Иммунды денелер.** биол. *Жұқпалы ауру тудызатын бактериялардың өніп-өсуіне бөгет жасайтын немесе оларды өлтіріп тастайтын ағзада түзілген ерекше заттар.* **Иммунды жүйе.** мед. *Адамның немесе жануарлардың ағзасының ауру қоздырғыштарына қарсы тұратын жүйесі.*

**ИММУНДЫҚ** сын. мед. <лат. immunis> *Иммунитетке қатысты, соған тән.*

**Иммундық денелер.** сөйл. ***Иммунды денелер***. **Иммундық емдеу.** *Медицинаның жұқпалы ауруларды егу арқылы емдейтін саласы.* **Иммундық сақтаныс.** *Белгілі бір тәртіппен ауруға арнаулы препараттар егіп, оны алдын ала жұқпалы аурулардан сақтау.* **Иммундық химия.** *Жұқпалы ауру дарытпау кезінде аурудың ағзасында қалыптасқан химиялық үдерістер туралы ғылым.*

**ИММУНИТЕТ** [лат. immunitas] зат. **1**. мед. *Ағзаның ауру қоздырғыштарына қарсы тұратын, олардың уыттылығына төтеп беретін қасиеті.* **2**. заң. *Мемлекетке, халықаралық ұйымдарға немесе мемлекетте ерекше құзыретке ие болған тұлғаларға кейбір заңдардың таралмау жағдайы.* **3**. кіт. *Қоғамның немесе қоғам мүшелерінің сыртқы жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру қабілеті.*

**Иммунитет биологиясы.** терм. *Иммунитеттің жалпы биологиялық негіздерін, оның пайда болуы мен дамуын зерттейтін биологияның бір саласы, иммуннобиология.* **Иммунитет генезисі.** *Адам мен жануарлар ағзасында иммунитеттеу мен ауру қоздырғыштарға қарсы иммунитеттің қалыптасу үдерісі.* **Иммунитет глобулиндері.** биол. *Қарсы денелердің белсенділік қасиетіне ие, омыртқалы жануарлар мен адам ағзаларында иммунитетті тудыратын қан плазмасы құрамындағы ақуыздар.* **Иммунитет диагностикасы.** мед. *Ауруды анықтау үшін аллергиялық диагностикалық тексерулерді пайдалану.* **Иммунитет жеткіліксіздігі.** мед. *адамның иммунды жүйесінің туа біткен немесе жүре пайда болған әлсіздігі немесе мүлдем болмауы.*

**ИММУНИТЕТТЕУ** зат. мед. <лат. immunis> *Адам мен жануарлар ағзасында жасанды иммунитет туғызу.*

**ИММУНИТЕТТІК** сын. биол. *Иммунитет қалыптастырушы, соған қатысты.*

**ИММУНО...** *Мағынасы иммунитетпен байланысты құбылысты және процестерді білдіретін күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ИММУНОБИОЛОГИЯ** зат. терм. ***Иммунитет биологиясы***.

**ИММУНОБИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Иммунитет биологиясына қатысты, соған тән.*

**ИММУНОГЕН** зат. мед. *Ағзаға енгізгенде қанда және торшада иммунитет туғыза алатын қабілеті бар антиген.*

**ИММУНОГЕНЕЗ** зат. *Иммунитеттің даму процессі.*

**ИММУНОГЕНЕТИКА** зат. биол. *Иммунология, биохимия және генетика ғылымдарынан дамыған иммунитет биология ғылымының бір бөлімі.*

**ИММУНОДЕФИЦИТ** зат. мед. *Ағзаның ауруларға қарсы тұра алмауымен сипатталатын иммунды жүйенің туа немесе жүре пайда болған кемшілігі.*

**ИММУНОДИАГНОСТИКАЛЫҚ** сын. мед. *Ағза иммунитетінің өзгерістерін анықтауға қатысты.*

**ИММУНОЛОГ** зат. мед. *Дәрігер, иммунология маманы.*

**ИММУНОЛОГИЯ** [лат. immunitas – арылу, грек. logos – ілім] зат. мед. *Ағзаның қорғаныс реакциясы, оның жұқпалы ауруға қарсылығы, иммунитет туралы ғылым.*

**ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Иммунологияға қатысты, соған тән.*

**ИММУНОМОДУЛЯТОР** зат. мед. *Иммуниетті қалыпқа келтіретін дәрі.*

**ИММУНОПАТОЛОГИЯ** зат. мед. **1**. *Иммунологиялық реакциялардың әсерінен ағза тіндері мен жасушаларында пайда болатын үдерістерді зерттейтін иммунитет биологиясының бір бөлімі.* **2**. *Аутоаллергия, аутоагрессия иммунологиялық реакциялардың әсерінен ағза тіндері мен жасушаларында пайда болатын үдерістер.*

**ИММУНОПАТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Иммунопатологияға қатысты, соған тән.*

**ИММУНОПРОФИЛАКТИКА** зат. мед. *Ағза иммунитетін күшейту немесе жақсарту үшін қажетті алдын алу шаралары.*

**ИММУНОПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ** сын. мед. *Ағза иммунитетін күшейту немесе жақсарту үшін қажетті алдын алу шараларына қатысты.*

**ИММУНОСТИМУЛЯТОР** зат. ***Иммуномодулятор.***

**ИММУНОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Иммундық емдеу.*

**ИММУНОТЕРАПИЯЛЫҚ** сын. мед. *Иммунотерапияға қатысты, соған тән.*

**ИММУНОХИМИЯ** зат. ***Иммунхимия***.

**ИММУНХИМИЯ** зат. хим. *Ағза иммунитетінің химиялық негіздерін зерттейтін иммунды биологияның бір бөлімі, ғылым.*

**ИММУНОЦИТ** зат. мед. *Иммунитет жүйесінің торшалары.*

**ИММУРАЦИЯ** зат. зоол. *Ағзадағы тірідей қатырып тастау.*

**ИМПЕЛЛЕР** [лат. impello] зат. тех. *Компрессордың, сорғының қызметші доңғалағы.*

**ИМПЕРАТИВ** [лат. imperativus] зат. **1**. лингв. *Бұйрық рай, бұйрық райдың бір түрі.* **2**. лингв. *Одағайдың ерекше түрі.* **3**. филос. *Талап, бұйрық, заң.*

**ИМПЕРАТИВТІК** [лат. imperativus]: **императивтік әдеп.** пед. *Бұйыру, талап ету, бұйрық мінез-құлықтың шартсыз принципі.*

**Императивтік мандат.** құқық. *Аманаттық мандат – конституциялық құқықта өкілетті органның депутаты сайлаушылардың аманаттарын арқалап, өзінің өкілеттік мерзімі біткенше олардың алдында жауапты болуға тиіс екені баяндалған ереже.*

**ИМПЕРАТОР** [лат. imperator] зат. **1**. *Ежелгі Римде қолбасшының (әскер басының) құрметті атағы.* **2**. *Дара биліктік (монархиялық) мемлекет басшыларының мирасқорлық, мұрагерлік атағы, сол атаққа ие адам.*

**ИМПЕРАТОРЛЫҚ** сын. *Императорға тән, соған қатысты.*

**ИМПЕРИАЛИЗМ** [лат. imperialisme] зат. **1**. тар. саяси. *Аймақтарды, отарларды жаулауға, басқа да мемлекеттерге экономикалық немесе саяси бақылауды орнатуға, бір орталыққа, идеологияға бағындыруға бағытталған мемлекеттік саясат.* **2**. совет. *Маркстік-лениндік ілім бойынша: ірі монополиялардың өктемдігімен, шикізат көздерімен өндірістік аймақтары басқа территориялар мен елдерді отарлау үшін ірі капиталистік елдер арасындағы күреспен сипатталып, осының нәтижесінде әлемді қайта бөлу мақсатындағы біттпейтін агрессиялық соғыстарға әкелетін капитализмнің соңғы және жоғарғы сатысы.* // совет. *Капитализмнің соңғы даму сатысындағы мемлекеттер.*

**ИМПЕРИАЛИСТ** зат. совет. *Империализм саясатын қолдаушы, соны іске асырушы.*

**ИМПЕРИАЛИСТІК** сын. **1**. *Өктемдікті, орталыққа бағындырып, отарлауды, дербестігінен айырып, ұлы державалық идеологияға көндіруді көздейтін.* **2**. совет. *Империализмге қатысты, соларға тән.*

**Империалистік саясат.** саяси. ***Империялық саясат.***

**ИМПЕРИЯ** [лат. imperium] зат. **1**. тар. *Өкімет басында император отырған дара биліктік (монархиялық) мемлекет.* **2**. саяси. *Үстемдік құрушы ұлттың отар елдерге қарағанда ерекше пұрсатты жағдайымен, қатаң деңгейде орталықтандыру және ұлы державалыққа, шовинизмге, экспансионизмге, діни бірегейлікке негізделген идеологиямен ерекшеленетін отарлық иеліктері бар ірі патшалық мемлекет, отаршыл держава.* **3**. *Белгілі бір өндірістің тұтас саласына немесе әрекеттің бір түріне толық билік жүргізетін ірі монополия.*

**ИМПЕРИЯЛЫҚ** сын. **1**. *Өкімет басында император отырған дара биліктік (монархиялық) мемлекетке қатысты, соған тән.* **2**. *Үстемдік құрушы ұлттың отар елдерге қарағанда ерекше пұрсатты жағдайын, қатаң деңгейде орталықтандыру және ұлыдержавалықты, шовинизмді, экспансионизмді қолдайтын, діни бірегейлікке негізделген идеологиямен ерекшеленетін отарлық иеліктері бар ірі мемлекетті, отаршыл державаны қолдайтын.*

**Империялық саясат.** саяси. *Ірі монополиялар және басқа аумақтағы шикізат көздері мен ықпал ету салалары үшін күресіп отыратын капиталистік елдердің мүддесіне қызмет ететін саясат.*

**ИМПЕРФЕКТ** [лат. imperfectum] зат. грамм. *Қимылдың созылыңқылығын және аяқталмағандығын білдіретін кейбір тілдердегі етістіктің өткен шағы.*

**ИМПЕТИГИНОЗ** зат. мед. *Тері ауруының бір түрі (таз).*

**ИМПЕТИГО** [лат. impetigo] зат. мед. *Терідегі іріңді бөртпелер.*

**ИМПИЧМЕНТ** [ағыл. impeachment] зат. саяси. *Өкілеттілігінен айыру мақсатымен мемлекеттің жоғары лауазымындағы тұлғаларды парламент сотына тарту әрекеті.*

**Импичмент жариялау**. саяси. *Жоғары лауазымды тұлғаны жауапқа тартып, ісін сотта қарау.*

**ИМПИЧМЕНТТІК** сын. саяси. *Импичментке қатысты, соған тән.*

**ИМПЛАНТАНТ** зат. мед. *Адамның, жануардың ағзасына енгізілетін биологиялық немесе жасанды тін, мүше және т. б. қондырылым.*

**Имплантант мүше.** *Адам және жануар ағзасына қондырылған биологиялық не жасанды мүше.*

**ИМПЛАНТАЦИЯ** [лат. im – ішінде, plantare – отырғызу] зат. 1. мед. *Биологиялық немесе жасанды тіндер мен мүшелерді және т. б. адамның немесе жануардың ағзасына қондыру ісі жүзеге асырылатын хирургиялық операция.* 2. мал дәрігер. *Жасушалардың басқа жерге ауысып (өзінен-өзі), сол араға орнығуы.*

**ИМПЛАНТАЦИЯЛЫҚ** сын. мед. *Имплантацияға қатысты, байланысты.*

**ИМПЛАНТОЛОГИЯ** зат. мед. *Тіндер мен мүшелерді қондыру мен ауыстырып салу проблемаларын зерттейтін медицина саласы.*

**ИМПЛЕМЕНТАЦИЯ** зат. құқық. *Халықаралық нормаларды ұлттық заңдармен, заңға сәйкес актілерге ауыстыру жолымен халықаралық міндеттемелерді мемлекеттің ішкі деңгейінде жүзеге асыру.*

**ИМПЛИКАЦИЯ** [лат. implicatio] зат. 1. лог. *Екі жай сөйлемнің «егер.., онда...» құрылымды құрмалас түрінде байланысуы.* 2. инф. *Егер бірінші оперант «жалған», ал екіншісі «ақиқат» мәнге ие болса, онда нәтиже «жалған» мәнге ие болатын екі орынды буль операциясы.*

**ИМПЛИЦИТТІ** [ағыл. implicit] сын. кіт. 1. *Анық, ашық түрде көрінбейтін, сырт көзге байқалмайтын.* 2. псих. *Санадан тыс өтетін когнитивті үдерістерді сипаттауда қолданылатын, индивидтің едәуір дәрежеде ұғынуынсыз өтетін.*

**ИМПЛОЗИВТІ** [лат. implosivus]**: имплозивті терапия.** мед. психол. *Клиенттің белгілі бір түрдегі сындық көлемдегі әсерлену ағынын алатын процедура.*

**ИМПЛОЗИЯ** [лат. implosivus] зат. психол. *Сәйкестіктің бұзылу қорқынышы.*

**ИМПОРТ** [ағыл. import] зат. 1. экон. *Шетелден екінші бір елге тауар, капиталдың т.б. әкелінуі.* 2. сөйл. *Шетелден әкелінген тауар, бұйымдардың жинақтық атауы.* 3. экон. *Елге сырттан әкелінген тауарлардың жалпы саны немесе жалпы құны, әкелінім.* 4. тех. *Жүйеге басқа (сыйыспайтын) жүйеден алынған мәліметтер.*

**ИМПОРТТА=** ет. *Шетелден тауар әкелу.*

**ИМПОРТТАУ** *Импортта етістігінің қимыл атауы.*

**ИМПОРТТАУШЫ** зат. кіт. *Шетелден тауар әкелуші.*

**ИМПОРТТЫҚ** сын. 1. *Импортқа тән, импортқа қатысты.* 2. сөйл. *Шетелдік, сырттан әкелінген (тауар, зат).*

**Импорттық депозит.** экон. *Импорттан әкелетін тауар құнының бір бөлігін алдын ала еркін айырбасталатын валюта түрінде төлеп қоюды талап ететін импортты шектеудің бір тәсілі.* **Импорттық лицензия.** экон. *Құзіретті органдар қолданыстағы ережелерге сәйкес беретін құжат.* **Импорттық үлестеме.** экон. *Импорттық квота, өнімнің алуан түрлерін өндірудің жалпы көлемінде елдің халық шаруашылығы, жекелеген салалар, фирмалар мен кәсіпорындар, халықаралық ұйымға қатысушылар үшін импорттың мәнділігін сипаттайтын мөлшерлік көрсеткіш.*

**ИМПОРТШЫ** зат. *Басқа елдің тауарын, т.б. әкелуші адам яки мекеме.*

**ИМПОТЕНЦИЯ** [лат. impotentia] зат. мед. ***Белсіздік.***

**ИМПОТЕНТ** зат. мед. *Толыққанды жыныстық қатынас жасай алмайтын адам.*

**ИМПРЕСАРИО** [итал. impresario] зат. өнер. *Кейбір еуропалық елдердегі ойын-сауықтар мен концерттерді ұйымдастырып, жүргізетін маманның аты.*

**ИМПРЕССИОНИЗМ** [фр. impressionnisme] зат. өнер. *XIX г. соңғы ширегі мен XX г. басында қалыптасқан суреткердің нәзік субъективті көңіл-күйі мен сезімдерін жеткізуге негізделген өнердегі (әдебиет, музыка, бейнелеу өнері) бағыт.*

**ИМПРЕССИОНИСТЕР** зат. өнер. *Импрессионизмнің өкілі, өнердегі осы бағытты ұстанушылар.*

**ИМПРЕССИОНИСТІК** сын. *Импрессионизмнің көркемдік әдіс, тәсіліне негізделген.*

**ИМПРИНТИНГ** [ағыл. imprinting] зат. биол. *Жоғарғы сатыдағы омыртқалылардағы үйренудің айрықша түрі.*

**ИМПРОВИЗАТОР** [итал.improvvisare] зат. өнер. *Суырыпсалма, табан астында өлең я өткір де тапқыр сөзді шығарушы адам.*

**ИМПРОВИЗАТОРЛЫҚ** сын. 1. *Табан астында, тұтқиылдан өлең шығарушылық, суырыпсалмалылық, ойдан айтушылық.* 2. *Алдын ала дайындықсыз, табан астында ұйымдастырылған.*

**ИМПРОВИЗАЦИЯ** [франц. improvisation] зат. өнер. 1. *Суырыпсалушылық, көркем туындыны орындау кезінде өнерпаздың аяқ астынан туындыға өз жанынан жаңалық қосып, оны орындауды жалғастырып әкетуі.* 2. *Орындау үстінде шығарылған көркем шығарма (өлең, музыкалық пьеса және т .б.).*

**ИМПУЛЬС** [лат. impulsus] зат. 1. физиол. *Жүйке талшығын бойлай таралатын қозу толқыны, серпін.* 2. физ. *Дене массасын оның жылдамдығына көбейткендегі қозғалыс саны, қозғалыс мөлшері.*

**Импульс генераторы.** тех. *Белгілі жиілікті қысқа мерзімді ток не кернеу импульсін тудыратын радиотехникалық құрылғы.* **Импульс техникасы.** физ. *Импульс сигналдарын тудыру, түрлендіру, тарату және қабылдау мәселелерімен шұғылданатын электроника ғылымының саласы.*

**ИМПУЛЬСТІ** сын. 1. физ. *Импульс тән болған, импульсі бар.* 2. психол. *Сыртқы ықпалдың немесе эмоцияның әсерінен ойланбай әрекет етуге бейім (адам).*

**Импульсті радиобайланыс**. тех. *Әртүрлі тәсілдермен модуляцияланған радиоимпульс арқылы ақпарат тарату және қабылдауды іске асыратын байланыс жүйесі.* **Импульсті шам.** тех. *Бірсәттік қана қарқынды жарық ұшқынын алу үшін пайдаланылатын жарық көзі.*

**ИМПУЛЬСТІК** сын. 1. физ. *Импульстің әсерімен болған; сыртқы әсермен байланысты; импульс тудырған.* 2. *Кенеттен тудырған шабыт әсерімен қозуға бейім.*

**Импульстік инвертор**. инф. *Кірісіне сигнал келген сәтте оның шығысында полярлығы кірісіндегіге қарама-қарсы сигнал қалыптасатын инвертор.* **Импульстік модулятор.** тех. *Радиотаратқыштың жұмысын басқаратын қуатты электр импульсін тудыратын құрылғы.* **Импульстік модуляция.** тех. *Периодтық импульстердің амплитудасын, кеңдігін немесе фазасын берілмек ақпаратқа сәйкес өзгерту.* **Импульстік сәулелендіру.** физ. *Импульс түрінде қысқа радиотолқынды электрмагнитті энергияны радиотехникалық қондырғылармен сәулелендіру.* **Импульстік техника.** тех. *Импульстік режимде жұмыс жасайтын радиоэлектрониканың саласы.* **Импульстік шынықтыру.** мәшине жас. *Жоғарғы тығыздықты энергияны қысқа мерзіммен беріп, дағдылы аустенизация температурасынан жоғары температураға дейін қыздырып, уақытша аустенизациялауға жетіп, өздігінен шынықтыру.*

**ИМПУЛЬСТІЛІК** зат. психол. *Адам мінез-құлқының ерекшелігі; сыртқы ықпалдың немесе эмоцияның әсерінен адамның ойланбай әрекет етуі.*

**ИМПУЛЬССАНАУЫШ** зат. тех. *Белгілі бір мерзім аралығында келетін электр импульстарының санын есептеуге және оларды есте сақтауға арналған құрылғы.*

**ИНАБАТ** [ар. انابة ] зат. 1. *Адамгершілікке тән сезім, ізгі қасиет; әдеп, өнегелі ізет, ілтипат.* 2. *Ар, ұждан, ұят.* 3. *Ынсап, іждағат, иман.* 4. көне. *Уәкілдік сенім.*

**Инабат тұтты.** *Әдеп сақтады, ізет білдірді.*

**ИНАБАТПЕН** үст. *Ілтипатпен, өнегелі ізетпен.*

**ИНАБАТСЫЗ** сын. *Әдепсіз, ізетсіз, арсыз, ұятсыз.*

**ИНАБАТСЫЗДЫҚ** зат. филос. *Этиканың негізгі категорияларының бірі ретіндегі инабаттылыққа қарама-қарсы ұғым, әдепсіздік, ізетсіздік.*

**ИНАБАТТА=** ет. *Арсыз, ұятсыз, ізетсіз деп ойлау, кінәлау.*

**ИНАБАТТАС=** ет. *Ізет, ілтипат, әдеп көрсетісу.*

**ИНАБАТТАСУ** *Инабаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ИНАБАТТАУ** *Инабатта етістігінің қимыл атауы.*

**ИНАБАТТЫ** сын. 1. *Ибалы, әдепті, ізетті, ілтипатты.* 2. *Ар-ұятты, ұжданды, иманды.* 3. көне. *Өктем, сенімді, тұрақты.*

**ИНАБАТТЫҚ** сын. *Адамгершілікке тән ізгілік, әдептік, сыпайылық.*

**ИНАБАТТЫЛЫҚ** зат. 1. *Ибалылық, әдептілік, ізеттілік.* 2. филос. *Этиканың негізгі категорияларының бірі, ерекше әдептілік, тәртіптілік, ізеттілік.*

**ИНАБАТШЫЛ** сын. *Ибашыл, әдеп сақтағыш, сыпайы, ізетшіл.*

**ИНАҒАШ** зат. сөйл. ***Іінағаш*** *(екі басында шелек ілетін ілгегі бар, иыққа салып су әкелу үшін әдейі жасаған құрал; әкпіш, күйенте).*

**ИНАҒАШТЫ** сын. ***Іінағашты.***

**ИНАДАПТАЦИЯ** [лат. in – емес, adapto – бейімдеймін] зат. зоол. *Эволюциялық даму жолында кейбір жануарлар тобында пайда болған ағзаларды тиімсіз бейімділік.*

**ИНАДАПТИВТІ** сын. зоол. *Инадаптация тән болған.*

**ИНАҚ** зат. көне. ***Қонақ.***

**ИНАМАЛЫҚ** зат. тар. *Хиуа хандығында өзбек тайпаларының жетекшілеріне берілген лауазым.*

**ИНАН=** ет. ескі кіт. 1. *Сену, нану, илану.*

**ИНАНБАҚТЫҚ** зат. *Сенушілік, нанушылық.*

**ИНАНМАҚТЫҚ** зат. ***Инанбақтық.***

**ИНАНТ=** ет. ескі кіт. *Сендіру, нандыру, иландыру.*

**ИНАНУ** ескі кіт. *Инан етістігінің қимыл атауы.*

**ИНАНЫШ** зат. ескі кіт. *Сенім, наным.*

**ИНАПАРАНТТЫ**: **инапарантты жұқпалы ауру**. мед. *Клиникалық белгілері болмайтын, бірақ мүшеде морфологиялық өзгерістер туғызып, ал қанда спецификалық бөгде денелер жинайтын жұқпалы ауру үдерісінің бір түрі.*

**ИНАУАТ** зат. жерг. *Инабат, әдеп, кішіпейілділік, сыпайылық.*

**ИНАУГУРАЦИЯ** [ағыл. inauguration] зат. саяси. ***Ұлықтау.*** 1. *Ежелгі Римде белгілі бір тұлғаның лауазымын бекітудің салтанатты рәсімі (актісі).* 2. *Мемлекет басының өз міндетіне кірісуінің салтанатты рәсімі.*

**ИНАУДИТ** зат. экон. *Мақсаты бірлескен серіктерге кеңес беріп, бірлестіктің бухгалтерлік есебі мен қаражат есебін бақылау болып*

*табылатын ішкі есеп жүргізетін акционерлік қоғам.*

**ИНАФАТ** зат. ескі кіт. ***Инабат.***

**ИНӘР** зат. түйешар. *Аруана мен бураның будандасуынан алынған түйе.*

**ИНБРИДИНГ** [ағыл. inbreeding] зат. биол. *Генетика мен селекцияда жақын туыстарды будандастыру, яғни өсімдіктерді өздігінен тозаңдандыру, туыс жануарларды бір-бірімен будандастыру әдісі.*

**ИНБРИДТІ: инбридті линия.** *Инбридинг әдісімен шығарылған сорттың, тұқымның келесі ұрпақтары.*

**ИНВАЗИЯ** [лат. invasio] зат. биол. *Адамның, жан-жануардың және өсімдіктердің белгілі бір паразитпен зақымдануы, жәндіктерден жұқпалы аурудың жұғуы.*

**ИНВАЗИЯЛЫҚ** сын. *Инвазияға тән, соған қатысты.*

**Инвазиялық аурулар.** мед. *Қарапайым жәндіктерден (протозооздар), шыбын-шіркей, бит, жұнжегіш сияқты буынаяқтылардан (арахноздар), құрттардан (гельминтоздар) жұғатын аурулар.*

**ИНВАЛЮТА** зат. экон. **1**. *Сәйкес шетел мемлекетінде немесе мемлекеттер қатарында айналымдағы және заңды түрде төлемдік құрал болатын банкноттар, қазыналық билеттер, монеталар түріндегі ақша белгілері.* **2**. *Шетел мемлекеттерінің ақша бірліктері ретінде есептелетін құралдар.*

**ИНВАР** [лат. invariabilis] зат. хим. *Жылу кеңейткішінің коэффициенті аз темір мен никельдің қоспасы.*

**Инвар сым**. тех. *Температуралық ұлғаю коэффициенті өте аз никель мен болаттың қорытпасы – инвардан жасалған сым.*

**ИНВАРИАНТ** [фр. invariant] зат. **1**. мат. *Белгілі бір математикалық нысанмен байланысты болатын және осы нысанды түрлендіру нәтижесінде өзгермейтін сандар, алгебралық өрнектер т.б.* **2**. лингв. *Нақты көріністерінің барлық негізгі белгілерінің жиынтығынан тұратын тілдік бірлік (фонема, морфема, лексема және т .б.).*

**ИНВАРИАНТТЫҚ** сын. терм. *Инвариантқа қатысты, инвариантқа тән.*

**Инварианттық модуль.** инф. *Орындау үдерісінде өзгермейтін жүктемелік модуль.*

**ИНВАРИАНТТЫЛЫҚ** зат. терм. *Қандай да бір берілген шаманың немесе жүйенің кейбір сыртқы жағдайларға немесе түрлендірулерге қатысты өзгермей сақталуы, яғни олардың физикалық шарттардан тәуелсіздігі.*

**ИНВЕКТИВА** [лат. invectiva] зат. кіт. *Біреудің жеке басын не бір нәрсені масқаралау, абыройын төгу, қорлау, жәбірлеу, тіл тигізу, балағаттау мақсатында бірден дөрекі түрде айтылатын сөздер.*

**ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ** [лат. inventarium] зат. ***Түгендеме*** (*инвентарлау*) **1.** *Есеп-санақ, тізімдеу.* **2**. терм. *Мүліктің, ақша құжатының, өзара есеп айырысудың дұрыстығын тексеру.*

**ИНВЕНТАРЬ** [лат. inventarium] зат. **1**. *Қандай да бір заттың тізімі, есебі.* **2**. *Белгілі бір мекеме, ұйымның бұйымдары, құрал, жабдықтары мен мүліктері.*

**ИНВЕНТАРЛАУ** [лат. inventarium] зат. *Түгендеме жүргізу, түгендеу (қолда бар нақты мүліктің бухгалтерлік есептің негіздеріне сай келуін, несиелер алдындағы міндеттемелердің есептік құжаттарының толық көрсетілуін тексеру).*

**ИНВЕНТАРЛЫҚ** сын. *Есеп-қисаптық, тізімдегі реттік.*

**Инвентарлық карточка.** стат. ***Тіркеу карточкасы (қағазы)*** (*қабылдау актісі мен техникалық төлқұжаттың мәліметтері бойынша объектінің инвентарлық нөмірін анықтаумен бірге ашылатын карточка).* **Инвентарлық кітап**. *Баспа шығармаларын олардың кітапханаға келіп түсу ретіне қарай тізімге алып, жазып отыратын кітап.* **Инвентарлық нөмір.** стат. ***Тіркеу нөмірі*** *(аналитикалық есеп жүргізу үшін, негізгі қорлардың дұрыс пайдаланудың тексеруін ұйымдастыру үшін қолданылатын нөмірі).* **Инвентарлық шеген**. кен. *Аз уақыт қолданып, тез жинап алып, басқа жерге апарып қайталап пайдалана беруге болатын дайындық қазбаларының жақтаулы шегені.*

**ИНВЕНЦИЯ** зат. муз. *Мелодикалық дамуында ерекше жаңалыққа негізделіп полифонияға құрылған шағын пьеса.*

**ИНВЕРСИЯ** [лат. inversio] зат. **1**. лингв. *Стильдік яки мән-мағыналық жағынан сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып қолдану әдісі.* **2**. әдеб. *Сөздердің әдеттегі грамматкиалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі.* **3**. филос. *Ақиқат пікірден жалған пікір туу, логикада берілген шартты пікірді жаңадан шартты пікір етіп құру амалы.* **4**. мат. *Берілген бір пікірге қарсы теорема тұжырымдау тәсілі.* **5**. биол. *Хромосомдық өзгерістердің бір түрі, яғни хромосомадағы гендер бөліктерінің 180 градусқа төңкеріліп, аударылу нәтижесіндегі өзгеру үдерісі.*

**ИНВЕРСИЯЛЫ** сын. мат. ем. *Инверсияға негізделген.*

**ИНВЕРСИЯЛЫҚ** сын. әдеб. *Инверсияға тән, инверсияға қатысты.*

**ИНВЕРСОР**[1] зат. мат. *Инверсия түрлендіруі қолданылатын математикадағы механизмдер теориясы.*

**ИНВЕРСОР** зат. тех. *Айналмалы қозғалысты тік қозғалысқа түрлендіретін құрылғы.*

**ИНВЕРСТІ: инверсті каскад**. физ. *Амплитудалары өзара тең, бірақ қарама-қарсы фазалы екі электр кернеуін шығаруға арналған транзисторлы немесе шамды күшейткіш каскады.*

**ИНВЕРТАЗДАР** зат. хим. *Сахарозаны глюкозаға және фруктозаға дейін гидролиздік жолмен ыдырататын ферменттер.*

**ИНВЕРТОР** [лат. invertere] зат. **1**. физ. *Тұрақты электр тогін айнымалыға өзгертетін құрылғы.* **2**. инф. *Сандық сигналдар үшін логикалық терістеу амалын орындайтын электрондық элемент.*

**Импульстік инвертор**. инф. тех. *Кірісіне сигнал келген сәтте оның шығысында полярлығы кірісіндегіге қарама-қарсы сигнал қалыптасатын инвертор.*

**ИНВЕРТТІ: инвертті қант.** тамақ. *Сахароза ыдырағанда пайда болатын глюкоза мен фруктозаның қоспасы.*

**ИНВЕСТ**... *«Инвестицияларға, инвестициялауға» деген мағынаны беретін күрделі сөздердің сыңары.*

**ИНВЕСТИТОР** зат. экон. *Инвестициялаушы тұлға, мекеме, ұйым немесе қаржыландырушы.*

**ИНВЕСТИТУРА** [лат. investire] зат. тар. *Батыс Еуропада орта ғасырда вассал немесе эпископ, аббат қызмет орнына тиісті жоралғысымен, салтанатымен бекіту.*

**ИНВЕСТОР** [ағыл. investor] зат. экон. *Инвестиция жасаушы тұлға, қаржыландырушы мекеме, ұйым немесе мемлекет.*

**ИНВЕСТИЦИЯ** [нем. Investition] зат. экон. ***Қаржы салымы*** (*белгілі бір өндіріске немесе іске қаржының құйылуы; экономиканың бір саласына құйылған ұзақ мерзімді қаржы).*

**Инвестицияларды кепілдендіру жөніндегі көпжақты агенттік.** экон. *Халықаралық құқық және агенттік мүшелерінің ішкі заңдарының нормаларына сәйкес толық заңды тұлға болып табылатын дербес халықаралық ұйым.* **Инвестициялық қоржын.** қаржы. *Банктердің белсенді әрекеттерінің арқасында тиімді объектілерге қаржы жұмсап, жинап алған құнды қағаздардың жиынтығы.*

**ИНВЕСТИЦИЯЛА** = ет. экон. *Белгілі бір өндіріске немесе әрекетке қаржы бөлу, оны қаржыландыру.*

**ИНВЕСТИЦИЯЛАУ** экон. *Инвестициялa етістігінің қимыл атауы.*

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Инвестицияға тән, инвестицияға қатысты.*

**Инвестициялық ахуал.** экон. *Белгілі бір өндіріс орнына қаржы көздерінен қаржы жұмсаудың жай-жапсары.* **Инвестициялық бағдарлама.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттің экономикалық дамуындағы инвестициялардың мөлшері мен уақытын, бағытын белгілейтін шаралардың мақсатты жоспары.* **Инвестициялық банк.** экон. *Облигациялар мен акциялар шығарушы консорциумның кепілшісі не мүшесі, яғни инвесторлар арасында құнды қағаздардың таралуын қамтамасыз етуші ретінде әрекет жасайтын банк.* **Инвестициялық институттар.** экон. *Бос қаржы ресурстарының қорлануы мен өндіріске салынған инвестиция арасында қор рыногының тетігін іске қосатын арнаулы мамандандырылған институттар.* **Инвестициялық жоба.** экон. *Белгіленген тәртіппен ресімделген құжаттарға сәйкес белгілі бір мерзімде жүзеге асырылатын материалдық объектілерді жасау немесе жетілдіру жолымен мемлекеттің активтерін көбейтуге бағытталған іс-шаралар кешені.* **Инвестициялық қор.** экон. *Қандай да бір кәсіпорын, өндіріс, құрылысқа, құнды қағаздар сатып алуға ұзақ мерзімге берілген қаржы құралдарының жиынтығы.* **Инвестициялық құнды қағаздар.** экон. *Инвестициялау құралы ретінде айналыста жүрген және иесінің кәсіпорында немесе мүлікте үлесі бар екенін дәлелдейтін атаулы құнды қағаз.* **Инвестициялық салық несиесі.** экон. *Салық төлемдерінің мерзімін несиелік қайтарым негізінде ұзарту немесе салық төлеуден босату.* **Инвестициялық саясат**. экон. *Қоғамдық өндірістің даму қарқынын экономиканың тепе-теңдігі мен тиімділігін арттыратын қаржы құйылымдарының негізгі бағыттарын, оларды маңызды арналарға шоғырландыру шараларын анықтайтын шаруашылық шешімдердің жиынтығы.* **Инвестициялық сертификат**. заң. *Инвестицияның заңды екенін куәландыратын құжат.* **Инвестициялық ынтымақтастық.** экон. *Ресурстарды ұтымды бөлу, халықаралық еңбек бөлісіне қатысу артықшылықтарын пайдалану, қоғамдық өндірістің технологиялық құрылымын жаңарту есебінен мемлекеттердің экономикада неғұрлым жоғары жетістіктерге жетуі болып табылатын халықаралық экономикалық қатынастар.*

**ИНВЕСТОР** [ағыл. investor] зат. экон. *Инвестициялық жобаларға меншікті қаражаты мен қарыз қаражатын салушы, бағалы қағаздарды өз атынан және өз есебінен сатып алушы мемлекет, заңи және жеке тұлға.*

**ИНВОЙС** [ағыл. invoice] зат. экон. *Жеткізуші, сатушы шарт жасасқаннан кейін сатып алушының атына жазатын шот-фактура.*

**ИНВОЛЮЦИЯ** [лат. involutio] зат. мед. *Кейбір ағзалардың физиологиялық жайына қарай кері дамуы, кішіреюі, редукциясы.*

**ИНГАЛЯТОР** зат. мед. *Дәрілік ерітінділерді ауаның ағымы немесе бу арқылы шашырататын аппарат, ингаляция жасайтын медициналық құрал.*

**Ингалятор аппараты**. мед. ***Ингалятор.***

**ИНГАЛЯТОРИЙ** зат. *Ингаляция жасайтын арнайы бөлме.*

**ИНГАЛЯЦИЯ** [лат. inhalare] зат. мед. *Демді ішке тарту, ауаны ішке жұту арқылы дәріні организмге жіберу, оны тыныс жолдарына енгізіп емдеу жолы, иіскету.*

**ИНГАЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. мед. *Ингаляцияға тән, ингаляцияға қатысты.*

**ИНГИБИТОР** [лат. inhibere] зат. **1.** хим. *Химиялық реакция жылдамдығын баяулата-*

*тын, бәсеңдететін немесе мүлдем тоқтататын заттектер.* **2**. биол. *Ағзадағы ферменттер белсенділігін бәсеңдететін немесе биологиялық үдерістерді тежейтін заттектер.*

**ИНГРЕДИЕНТ** [лат. ingrediens] зат. терм. *Қандай да бір күрделі қосылыстың не қоспаның құрамдас бөлігі.*

**ИНГРЕССИЯ** [лат. ingressio] зат. геогр. *Су деңгейінің көтерілуінен немесе жағалаудың төмендеуінен теңіз суының құрлық жағалауындағы ойыс жерлерге енуі.*

**ИНГРЕССИЯЛЫҚ** сын. геогр. *Ингрессияға қатысты, ингрессияға тән.*

**ИНГУМАЦИЯ** зат. археол. *Адам мүрдесін жерлеу тәсілі.*

**ИНГУШТАР** зат. этнон. *Шешендермен туыстас, Кавказ халықтарының бірі.*

**Ингуш тілі**. лингв. *Иберий-кавказ тілдері шоғырының нах-дағыстан тобына жататын ингуш халқының тілі.*

**ИНҒАМ** [ар. إنعام ] зат. көне. **1**.*Сый-құрмет, ерекше ықылас, ілтипат.* **2**. *Сыйлық, марапат.*

**ИНДАУ** зат. өс. <лат.eruka> *Крестгүлділер тұқымдасына жататын біржылдық, сирек көпжылдық, жапырағы тілімденген шөптесін өсімдік.*

**ИНДЕЕЦ** ор. зат. ***Үндістер*** *(Американың байырғы тұрғындарының жалпы есімі).*

**ИНДЕКС** [лат. index] зат. ***Көрсеткіш***. **1**. *Белгілі бір заттардың аттарының, кісі есімдері тізімінің жалпы реттік көрсеткіші.* **2**. статис. *Белгілі бір құбылыс дәрежесінің оның өткен кездегі дәрежесіне немесе негіз ретінде қабылданған дәл сондай құбылыс дәрежесіне қатынасын көрсететін салыстырмалы шама.* **3**. инф. *Сілтеме көрсеткіш (салалық, пәндік немесе әліпбилік) – қарастырылып отырған саланың негізгі толық мәліметтерінің орналасуын көрсететін түйін сөздер жиыны.* **4**. экон. *Қандай да болсын экономикалық құбылыс шамаларының уақыттағы немесе кеңістіктегі арақатынасын сипаттайтын және түпкілікті шаманың базалық шамаға қатынасына тең салыстырмалы статистикалық көрсеткіш.* **5**. матем. *Өрнекті бір-бірінен ажырату үшін сол өрнектің жоғарғы не төменгі жағына қойылатын сан не әріп түріндегі көрсеткіш.*

**Индексте іздеу.** *Индекс элементін іздестіру.*

**ИНДЕКСТЕЛ=** ет. терм. *Көрсеткіш (индекс) қойылу.*

**Индекстелген файл.** инф. <ағыл. indexedfile> *Файл жазбаларына тез қатынас құруды жасақтайтын индекстер жүйесімен жабдықталған файл.*

**ИНДЕКСТЕЛУ** *Индекстел етістігінің қимыл атауы.*

**ИНДЕКСТЕУ** [ағыл. indexing] зат. **1**. инф. *Индексті қалыптастыру, индекстерді тағайындайтын процесс.* **2**. инф. *Құжаттар мен сұратулардың мазмұнын ақпараттық-іздестіру тілі терминдерінде сипаттау үдерісі; құжаттарға оның мағыналық мазмұнын қамтитын түйінді сөздер жинағын тағайындау.* **3**. инф. *Жиым және өрнектер нұсқауларының көмегімен жиым элементіне қатынасу мүмкіндігін жасақтайтын әдіс.* **4**. инф. *Индекстік регистрдегі бар нәрсені команданың адрестік бөлігімен қосу арқылы ақиқат адресті автоматты түрде анықтау.* **5**. экон. *Өзара шарттар мен міндеттемелер бойынша төлемдердің баға индексімен арақатынасы.* **6**. экон. *Халықты инфляциядан қорғау тәсілі ақшалай құжаттың сомасы мен табысты байланыстыру және олардың нақты шамасын өсу қарқыны мен деңгейінің өзгеруіне сәйкес қайта қарау.*

**ИНДЕКСТІК** сын. *Индекске қатысты, соған тән.*

**Индекстік жақшалар.** инф. <ағыл. subscript brockets> *Жиым мазмұнындағы шекаралық жұптар тізімін және индекстер немесе индекстері бар айнымалылар жазбасындағы индекстік өрнектердің тізімін шектейтін жақша.* **Индекстік сөз.** инф. *Орындалатын команданы өзгертуге пайдаланылатын сөз немесе оның бөлігі – өзгерткіш.* **Индекстік ұйымдастыру.** инф. *Компьютер жадында орналасуы индекстер жүйесінің көмегімен анықталатын мәліметтерді ұйымдастырудың тәсілі.*

**ИНДЕМНИТЕТ** [нем. Indemnitat] саяси. **1.** *Кейбір елдерде: парламентте сөйлеу мен дауы беру еркіндігі және парламенттік қызметтес болуы себепті депутаттың жауапкершілікке тартылмауы.* **2.** қаржы. заң. *Шығынның орнын толтыру, өтемақы.*

**ИНДЕН** зат. хим. *Тасқөмір шайырларынан алынатын зат.*

**ИНДЕНТ** зат. экон. *Бір ел импорт-шысының екінші ел комиссионеріне тауардың белгілі бір тобын сатып алуға бір рет комиссиялық тапсырма беруі.*

**ИНДЕНТОР** [ағыл. indentor] зат. *Материалдың қаттылығын анықтау кезінде үлгінің бетіне батырылатын, белгілі бір геометриялық нысандағы (шар, пирамида, конус) қатты дене (алмас, шынықтырылған болат).*

**ИНДЕПЕНДЕНТТЕР** [ағыл. independent] зат. тар. *Англияда және бірқатар басқа елдердегі протестантизм ағымының бірінің жасақтары.*

**ИНДЕРБОРИТ** зат. хим. *Метагидро-борацит, бораттар табының минералы.*

**ИНДЕТЕРМИНИЗМ** [лат. in – жоқ, емес, determinare – анықтау] зат. филос. *Табиғат пен қоғамдағы жалпы заңдылықты және еріктің абсолюттік бостандығын теріске, жоққа шығарушы идеалистік философиядағы көзқарас, ағым.*

**ИНДЕТЕРМИНИЗМДІК** сын. филос. *Индетерминизмге қатысты, индетерминизмге тән.*

**ИНДЕТЕРМИНИСТ** зат. *Индетерминизмді қуаттаушы, соны жақтаушы.*

**ИНДЕТЕРМИНИСТІК** сын. *Индетер-минизмге қатысты, индетерминизмге тән.*

**ИНДИВИД** [лат. individuum] зат. **1**. психол. *Биологиялық тіршілік иесі ретінде алынған адам.* **2**. әлеум. *Адамзат қауымдастығының жеке бір өкілі; табиғи шектелу шеңберінен асып шығып, құралдарды, белгілерді пайдаланатын және осылар арқылы өзінің мінез-құлқы мен психикалық үдерістерді меңгеретін әлеуметтік тіршілік иесі.*

**Индивидтің өз бетімен дамуы.** психол. *Адамның іс-әрекеттік және басқа да тұлғалық сапаларын оның тұтас мақсаты қызметінің алуан түрлері барысында байыту үдерісі.*

**ИНДИВИДИУМ** зат. сөйл. ***Индивидуум***.

**ИНДИВИДТІК** сын. психол. *Индивид туралы, индивидке қатысты.*

**ИНДИВИДУАЛДЫ** сын. *Индивидке қатысты, соған тән.*

**Индивидуалды этика**. филос. *Қоғамдық этикадан бөлек, тек қана индивидке қатысы бар этика бөлігі.*

**ИНДИВИДУАЛДЫҚ** зат. филос. *Жеке индивидтік мәндік ерекшеліктерінің және басқалардан айырмашылық қасиеттерінің жиынтығы.*

**ИНДИВИДУАЛИЗМ** зат. **1**. филос. *Жеке адам мүдделерін қоғам мен ұжым мүдделерінен жоғары қоятын идеология мен ахлақтың адамшылық принциптерінің бірі.* **2**. пед. психол. *Өзін ұжымға қарсы қойып, жеке басының, тұлғасының ерекшеліктерін көрсетуге ұмтылыс; осы ұмтылысты көрсететін мінез-құлық.*

**ИНДИВИДУАЛИСТ** зат. *Индивидуализмді дүниетаным ретінде мойындайтын адам.*

**ИНДИВИДУАЛИСТІК** сын. *Индивиду-ализмге қатысты, индивидуализмге тән болған.*

**ИНДИВИДУУМ** [лат. individuum] зат. биол. **1**. *Жеке бір бөлінбейтін дара (тірі дарақ), өмірдің элементарлық бірлігі.* **2**. әлеум. *Жеке тұлға, субъект.*

**ИНДИВИДУУМАРАЛЫҚ** сын. биол. *Индивидуумдар арасындағы, қатынасқа тән.*

**ИНДИГЕНАТ** зат. құқық. **1.** *Халықаралық шарттармен көрсетілген құқықтарды қолдану.* **2.** *Қоластындағыларға берілетін азаматтық.*

**ИНДИГО** [лат. indigo] зат. **1**. *Бұршақ тұқымдас тропиктік өсімдік.* **2.** хим. *Химиялық жолмен алынатын қою көк бояуыш заттек.*

**ИНДИГОФЕРА** зат. өс. *Бұршақ тұқымдасқа жататын жапырақтары мен шырынынан күшті бояуыштар алынатын Оңтүстіктің шөптесін өсімдігі.*

**ИНДИЙ** [лат. Indium] зат. хим. *Химиялық элемент; қорғасыннан жұмсағырақ сирек металл.*

**ИНДИКАТИВ** [лат. indicativus] зат. лингв. *Ашық рай.*

**Индикативті жоспар.** *Болжамға ұқсас, тапсырыс түріндегі жоспар.*

**ИНДИКАТИВТІК: индикативтік баға**. экон. *Сыртқы нарықта экспорттың жүзеге асырылу сәтінде жеткізілімді ескере отырып, қолданыстағы заңдарға сәйкес немесе қалыптасатын тауар бағасы.*

**ИНДИКАТОР** [лат. indicator] зат. **1**. тех. *Мәшине құрылыстарында қолданылатын бағдар көрсеткіші бар өлшемдік аспап.* **2**. физ. *Радиоқабылдағышта, піспекті мәшинеде т. б. қолданылатын электрондық лампылар.* **3**. хим. ***Индикаторлар*** *(қышқылдар мен сілтілер әсерінен өздерінің түсін өзгертетін, түрлі түске құбылтатын зат).* **4**. *Қолға берілген кітаптар тіркелген картотека (кітапхана, оқу бөлмелерінде).* **5**. инф. *Құрылғының қалып-күйінің немесе есептеуіш жүйенің жұмыс процесі кезіндегі мәліметтердің өзгерісін немесе жеке программаның орындалуын қамтып көрсететін мәліметтер элементі.* **6**. инф. *Ақпаратты көзбен көруге қайта жаңғыртатын құрылғы.* **7**. инф. *Бағдарламалауда – мәні процестің нәтижелеріне немесе белгілі шарттардың орындалуына тәуелді телінетін айналымы.*

**ИНДИКАТОРЛАР** зат. хим. *Реакция кезінде түсін, люминесценциясын өзгертетін немесе бір құрауыштың реакция аймағында концентрациясының өзгеруімен сай жүзгін түзетін реактивтер.*

**ИНДИКАТОРЛЫҚ** сын. физ. *Индика-торға қатысты, соған тән.*

**Индикаторлық диаграмма**. физ. *Газ бен бу қысымының мәшине цилиндріндегі піспектің қалпына сәйкес өзгерісін бейнелейтін графикалық кескін.* **Индикаторлық лампы.** физ. ***Индикаторлық шам.*** **Индикаторлық шам**. физ. *Электрондарының біреуі басқарушы электрод әлеуетіне тәуелді люминисценцияланатын экран рөлін атқаратын электрондық аспап.* **Индикаторлық электродтар.** физ. *Электр-химиялық реакция барысында өзгеретін жүйенің әлеуетін өлшеуге арналған салыстыру электродтарымен жұптала қолданылатын электродтар.*

**ИНДИКАЦИЯ** зат. инф. *Жүйенің қалып-күйін онымен байланысты бейнелеу құрылғысы – индикатор көмегімен бейнелеу үдерісі.*

**ИНДИКАЦИЯЛЫҚ** сын. *Индикацияға қатысты, көрсеткіштік.*

**Индикациялық геоботаника**. ғыл. *Өсімдік-тер жамылғысын белгілі ортаның ерекшеліктерін көрсеткіш (индикатор) ретінде пайдаланатын геоботаниканың саласы.*

**ИНДИФФЕРЕНТТІ** [лат. indifferens] сын. хим. *Әрекетсіз, маңызсыз, бейтарап.*

**ИНДИФФЕРЕНТТІЛІК** зат. терм. *Селқостық, салғырттық.*

**ИНДИЯША** үст. сөйл. *Үндіше, үнділер сияқты.*

**ИНДОАНИЛИНДЕР** зат. хим. *Көктен бастап көкшіл жасылға дейін реңдері бар хинониминді бояғыштардың тобы.*

**ИНДОЕВРОПАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Үнді-еуропалық***.

**ИНДОЛ** зат. мал дәр. *Ақуыз шіриген кезде пайда болатын қосынды.*

**ИНДОЛДАР** зат. мед. *Биохимиялық құрылымы бар антипсихозға қарсы қолданылатын дәрілер тобы.*

**ИНДОЛОГ** зат. *Индология бойынша маман ғалым.*

**ИНДОНЕЗИЯЛЫҚТАР** зат. *Оңтүстік монголоитік кіші нәсілге жататын, малайя-полинезия тіл тобына кіретін түрлі индонезия тілдерінде сөйлейтін Индонезия Республикасының жергілікті халқы.*

**Индонезия тілдері.** *Үнді мұхитының аралдарында тұратын халықтардың малайя-полинезия тобына жататын тілі.*

**ИНДОССАМЕНТ** [нем. Indossament] зат. заң. *Бір тұлғаның екінші бір тұлғаға (коносамент, вексель т.б. бойынша) белгілі бір құқықтарды беруі.*

**ИНДОССАНТ** [нем. Indossant] зат. экон. *Вексельге ауыстырылғаны туралы жазуды жазатын тұлға.*

**ИНДОССАТ** [нем. Indossat] зат. экон. *Ауыстырылуы туралы жазуы бойынша вексельге ие болған тұлға.*

**ИНДОССО** [нем. Indosso] зат. экон. *Вексельдің немесе бағалы қағаздың сыртқы бетіне қол қою.*

**ИНДОФЕНОЛДАР** зат. хим. *Көк түсті хинониминді бояғыштардың тобы.*

**ИНДРИКОТЕРИЙ** [лат. indricotherium] зат. зоол. *Үш түрлі туысы белгілі тақтұяқтылар отрядының қазбадан табылған бір тұқымдасы.*

**Индрикотерий фаунасы**. зоол. *Олигоцен дәуірінің алғашқы жартысында тіршілік еткен алып мүйізтұмсықтар.*

**ИНДУЗИУМ** зат. бот. *Бір қабат жасушадан тұратын үлпек қабат жамылғы.*

**ИНДУИЗМ** зат. *Брахманизмді дәріптеуші Үндістандағы басым дін.*

**ИНДУИСТ** зат. діни. *Индуизм жолындағы адам.*

**ИНДУКТИВТІ** сын. ***Индукциялық.***

**Индуктивті байланыс**. тех. *Айнымалы ток тізбегінде магниттік өрістер арқылы іске асырылатын байланыс әдісі.* **Индуктивті катушка**. тех. *Сыйымдылығы мен белсенді кедергісі шамалы болғанмен, едәуір индуктивтілікке ие болатын спираль боп оралған, оқшауланған өткізгіш.*

**ИНДУКТИВТІК** сын. **1**. филос. *Индукцияға (1-мағынасына) қатысты.* **2**. физ. *Индукцияға (2-мағынасы) байланысты.*

**Индуктивтік кедергі**. физ. *Тізбектің индуктивтік элементінің айнымалы токқа көрсететін қарсы әсерін сипаттайтын шама.* **Индуктивтік логика**. филос. *Таным үдерісінің жекеден жалпыға көшу жолдары мен тәсілдерін іздестіретін логика саласы.*

**ИНДУКТИВТІЛІК** [лат. inductio] зат. физ. *Электр тізбегінің магниттік қасиетін сипаттайтын шама.*

**ИНДУКТОР** [лат. inductor] зат. **1**. физ. *Айнымалы ток алатын қолмен іске қосылатын электр мәшинесі.* **2**. биол. *Индукция үдерісінің барысында бағыттаушы жасушалар.*

**ИНДУКТОРЛЫҚ** сын. физ. *Индукторға қатысты.*

**ИНДУКЦИЯ** [лат. inductio] зат. **1**. филос. *Жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге қарай ой қорыту тәсілі.* **2**. физ. *Электр тогының магнит жолында немесе магнит өрісінің өзгеру кезіндегі, белгілі бір өткізгіштегі қозуы, электромагниттік өрісті сипаттайтын шама.* **3**. физиол. *Бірінің пайда болуы оған қарама-қарсы екіншісінің дамуын тудыратын жүйке жүйесіндегі қозу және тежеу үдерістерінің өзара әсері.* **4**. биол. *Эмбриологияда дамып келе жатқан ұрықтың бір мүшесінің өзімен жанасқан басқа мүшеге әсер етуі және басқа мүшенің даму бағытын өз сипатында немесе басқа сипатта өзгертуі.*

**Индукция әдісі.** геол. *Жер қыртысының өткізгіш өңірлерінде айнымалы электр тогының жерлендірілмеген контурларымен электромагниттік өріс жасалатын электрбарлау әдісі.* **Индукция заряды.** физ. *Электр тогы жүрген кезде пайда болатын уақытша зарядтар.* **Индукция уақыты**. геол. *Минерал түйіршігінің ауа көпіршігіне жабысуына қажетті соқтығысу уақытының ең аз мөлшері.*

**ИНДУКЦИЯЛАН**=ет. физ. *Индукция әсеріне түсу.*

**ИНДУКЦИЯЛАНУ** *Индукциялан етістігінің қимыл атауы.*

**Индукциялы шығару.** инф. <ағыл. forwardchaining> *Сараптық жүйеде – индукцияның «жалқыдан – жалпыға, «фактіден – мақсатқа» принципіне негізделген логикалық шығару.* **Индукциялы шынықтыру.** *мәш. Индукциялық пеште металды қыздырып шынықтыру.*

**ИНДУКЦИЯЛЫ** сын. *Индукцияға қатысты.*

**ИНДУКЦИЯЛЫҚ** сын. **1**. филос. *Индукцияға байланысты, соған қатысты.* **2**. физ. *Индукцияға (2-мағына) қатысты.*

**Индукциялық бақылау әдісі**. физ. *Өзара индуктивтік жүйенің электромагниттік индукция құбылысы негізінде белгі беру, әртүрлі шамаларды өлшеу, реттеу әдісі.* **Индукциялық қыздыру.** кен. *Ток өткізетін денелерді (негізінен металдарды) оларда құйынды токтарды индукциялау арқылы қыздыру.* **Индукциялық пеш**. кен. *Металл айнымалы электромагниттік өріске орналастырылатын электрлік балқыту пеші.* **Индукциялық реле**. тех. *Роторда индукцияланатын магнит ағыны мен статордағы айнымалы магнит ағынының өзара әсерлесуі негізінде жұмыс істейтін реле.* **Индукциялық реттеуіш**. тех. *Тежелген синхронды қозғалтқыш түрінде жасалған трансформатор.* **Индукциялық теңіз минасы.** әск. *Кеменің магниттік өрісінің кернеуі өзгергенде іске қосылатын индукциялық жарғышы бар түйіспесіз мина.* **Индукциялық ток.** физ. *Айнымалы магнит өрісіндегі немесе қозғалған магнит өрісіндегі өткізгіш контурда пайда болатын ток.* **Индукциялық үдеткіш**. физ. *Үдетуші электр өрісі магнит өрісінің уақыт бойынша есебінен болатын үдеткіш.*

**ИНДУЛИНДЕР** зат. хим. *Хинониминді бояғыштардың тобы, сафранин туындысы.*

**ИНДУЛЬГЕНЦИЯ** [лат. indulgentia] зат. діни. тар. *Бойтұмар, орта ғасырдағы католик шіркеуінде Рим папасы атынан шіркеу алдындағы еңбегі үшін немесе күнәларының кешірілгені туралы ақы төленетін қағаз (грамота).*

**ИНДУРАЦИЯ** зат. мед. *Өн бойын үлпілдек дәнекер тін қаптағандықтан (басқандықтан) белгілі бір мүшенің не тіннің нығыздалып қатаюы; ұзақ уақыт қабыну және т.б. кездерде пайда болып, үлпалы мүшелер қызметінің нашарлауына әкеп соғатын дерт.*

**ИНДУС** зат. *Индия тұрғыны, индиялықтар.*

**ИНДУСТРИЯ** [лат. industria] зат. **1**. *Техника жетістіктерімен жабдықталған фабрика, зауыт сияқты өнеркәсіп.* **2**. экон. *Өндіріс құралдары және тұтыну бұйымдарын өндіру дәрежесімен анықталатын халықшаруашылығының өндіргіш күштеріне және қоғамның экономикалық дамуына ықпал ететін аса маңызды саласы.* // ***Индустриялы*** *(өнеркәсіпті).*

**ИНДУСТРИЯЛАН**= ет. *Өнеркәсіп пен өндіріс орындарының дамуы.*

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫР**= ет. *Өндіріс пен өнеркәсіпті дамыту: ірі мәшинелі техниканы халық шаруашылығында қолдану.*

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ**[1] зат. терм. *Экономикасы ауылшаруашылыққа негізделген елдерді индустриялық елдерге айналдыру үдерісі.*

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ**[2] **1**. *Индустрияландыр етістігінің қимыл атауы.* **2**. құр. *Ірі өндірістік құрылымдарды қатыстыру арқылы құрылыс өндірісін ұйымдастыру.*

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРЫЛ**=ет. *Экономикасы ауылшаруашылыққа негізделген елдердің индустриялық елдерге айналдырылуы.*

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРЫЛУ** *Индустрияландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ИНДУСТРИЯЛАНУ** *Индустриялан етістігінің қимыл атауы.*

**ИНДУСТРИЯЛДЫ** сын. сөйл. ***Индустриялы*** *(өндірісті, өнеркәсіпті).*

**ИНДУСТРИЯЛДЫҚ** сын. сөйл. ***Индустриялы*** *(өндірісті, өнеркәсіпті).*

**ИНДУСТРИЯЛЫ** сын. *Өнеркәсіпті, кәсіпорынды, ірі өндірісті.*

**Индустриялы қоғам.** а) қоғ.-әлеум. *Ғылыми-техникалық дамудың нәтижесінде қалыптасқан және мәшине өндірісіне, фабрикалық ұйымдастыруға, еңбек тәртібіне, еркін саудасы және нарығы бар ұлттық шаруашылыққа негізделген күрделі қоғам түрі.* ә) тар. *Механикаландыру, автоматтандыру кең таралып, саяси-экономикалық жүйе ашық та динамикалы сипат алған қоғамның даму сатысы.*

**ИНДУСТРИЯЛЫ-АГРАРЛЫ** сын. *Өнеркәсібімен қатар ауылшаруашылығы дамыған.*

**ИНДУСТРИЯЛЫҚ** сын. *Өндірістік, өнеркәсіптік.*

**Индустриялық бөгеуіл**. тех. *Әртүрлі электрлік құрылғылардың жұмысы кезінде туып, байланыс жүйелеріне әсер етуші және негізгі сигналды қабылдауға кедергі жасайтын сигналдар.* **Индустриялық қоғам**. тар. ***Индустриялы қоғам.*** **Индустриялық ұйымдастыру психологиясы.** псиxол. *Ұйымдастыру психологиясы, әскери, экономикалық және персоналдық психологияны қамтитын қолданбалы психология саласы.*

**ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ** сын. қоғ. *Өндіріс пен өнеркәсіпті дамытуға, жаңашыл техника, технологияларды, жаңадан ойлап табылған қондырғыларды енгізуге бағытталған.*

**ИНДУЛЬТ** зат. құқық. *Соғыс заңдарына сәйкес соғысты жариялағаннан кейін жауласушы мемлекеттің порттарынан кету үшін кемелерге берілетін мерзім.*

**ИНЕ**[1] зат. **1**. *Әртүрлі тоқыма, мақта-мата бұйымдарын, киім-кешектерді тігу үшін қолданылатын, жіп сабақтайтын көзі бар, ұшы ұшкір жіңішке аспап, құрал.* **2**. зерг. *Зергерлік бұйымдардың бетіне жүргізілетін ою-өрнектің кескінін түсіріп алу үшін қолданылатын ұшы ұшкір қатты материалдан жасалған аспап.* **3**. мед. *Ауруларға дәрі егетін аспап, ине сияқты жіңішке құрал.* **4**. зоол. *Жәндіктер мен жануарлардың денесінде болатын өткір тікенек.* **5**. бот. *Арша, қарағай, шырша сияқты қылқан жапырақты ағаштардың, яки өсімдіктердің тікен сияқты қылқандары.* **6**. көне. *Түйреуіш.*

**Инемен емдеу**. <лат. acus – ине, punctura – егу> а) вет. *Малды ине салу әдісімен емдеу.* ә) мед. *Қытай халық медицинасында екі мың жылдан бері қолданылып келетін адам ағзасындағы жүйке жүйесіне сәйкес нүктелерге ине шаншу арқылы емдеу әдісінің бір түрі.* **Инемен құдық қазғандай.** *Өте қиын, азабы көп.* **Ине жасытты.** *Инені берік қылу үшін отқа қыздырып алды.* **Ине жұтқандай.** жерг. *Не істерін білмей, қатты мазасызданғанын білдіргенде айтылады.* **Ине жұтқан иттей.** *Тым жүдеу, қатып қалған қатпа, сіңірі шыққан.* **Ине көзінен жаңа шыққан.** *Су жаңа, жаңадан тігілген.* **Ине қармақтай.** *Ілмиген, нәзік, тым жүдеу, қатпа.* **Инеге ілім киім жоқ.** *Үстіне киетін киімі жоқ, жамау-жасқау, жұпыны киінген, тоз-тозы шыққан.* **Ине мұз.** *Өзен бетінде, тыныш суда қататын мұз.* **Иненің жасуындай.** *Иненің көзіндей, титтей,*

*кішкентай; болмашы. ә) Бір мысқыл, азғантай, зәредей.* **Иненің көзіндей.** *Кішкентай, болмашы.* **Иненің көзінен оқ өткізген.** *Асқан мерген, құралайды көзге атқан атқыш.* **Иненің көзінен өткендей.** *Пысық, қайдан болса да тесіп шығатын кісі әрекеті туарлы.* **Инені жіпке тізді.** *Бұрынғы-соңғыны ұмытпады, болған істі теріп жүрді, бәле қуды.* **Ине тастау** жерг. *Қастық жасау.* **Ине терапиясы.** мед. *Инемен емдеу.* **Ине шабақтады.** *Етті әбден қаны сорғып ағып кеткенше ұрғылады.* **Ине шаншар жер [орын] жоқ.** *Қалың, тығыз, иін тірескен, көп.* **Ине шаншар орын жоқ.** *Мүлде орын жоқ.* **Ине шаншым еті жоқ.** *Тым арық, жүдеу, қатпа.* **Ине үстіне отырды.** *Қыпылдап, ыңғайсызданды, қатты қысылды.*

**ИНЕ**[2]**=** ет. сөйл. ***Иінде.***

**ИНЕБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. syngnatus> *Шоқ желбезекті балықтар отрядының бір туысына жататын балық.*

**ИНЕДЕЙ** сын. 1. *Ине сияқты; ұшкір.* 2. ауыс. *Кішкентай, титтей, азғантай, болмашы.*

**Инедей көзге ілмеді.** *Елемеді, менсінбеді.* **Инедей қадалды.** а) *Қатты батты, жанына тиді.* ә) *Жайсыз тиді, тұршіктірді.* **Инедей қиянаты жоқ.** *Ешқандай зияны тимейтін, кесірі мен кесапаты келмейтін.* **Инедей түзу.** *Атқан оқтай, тып-тура.* **Инедей шаншыды.** *Ине сұғып алғандай түйреді, ауыртты.* **Инедей шаншылды.** *Қадалды, түйрелді; тесірейді.* **Инедей шанышқылады.** *Әбден мазалады, әуреледі.* **Инедей шаруасы жоқ.** окказ. *Еш қатысы жоқ, шатағы жоқ.*

**ИНЕДЕЙІН** үст. фольк. *Инедей* (*бүтіндей, түгелдей*).

**ИНЕЖҮРГІЗГІШ** зат. тех. *Ине орнатылатын тігін мәшинесінің тетігі.*

**ИНЕ-ЖІП** зат. 1. *Ұсақ-түйек, көр-жер зат, тігін ұсақ-түйегі (фурнитурасы).* 2. *Дүние-мүлік; көрпе төсек, жасау.*

**Ине-жіпке тізді.** *Барын есепке алды, бірін де қалдырмады.* **Ине-жіптен жаңа шыққан.** *Су жаңа; жаңадан тігілген.*

**ИНЕК**[1] сын. *Тәуелді, бағынышты.*

**ИНЕК**[2] [ор. прозанник, пазник] зат. өс. *Жапырақ бетінде секпілі болатын көпжылдық, шөптесін өсімдік.*

**ИНЕКЕР** [ор. малахиум] зат. өс. *Тікенекті өсімдіктің бір түрі.*

**ИНЕҚҰЙРЫҚ: инеқұйрық бөгелек.** зоол. *Құйрығы жіңішке бөгелектің бір түрі.*

**ИНЕЛІ** сын. 1. *Ине салынған, инесі бар, ине қойылған.* 2. ауыс. *Қылтанды, тікенекті.*

**Инелі нан жеген иттей.** бейн. *Біреудің қастандығынан, қасақана жасаған зұлымдығынан азап көргендей.* **Инелі сым.** *Қандай да бір құрылыс нысандарын сырттан қорғау үшін және ішіндегілер қаша алмау үшін жасалатын қоршаудың темір сымдары.*

**ИНЕЛІК**[1] зат. 1. *Қанаттары көкала торлы сызықты, өте жіңішке, әуелеп ұшатын жәндік.* 2. зоол. <лат. odonata> *Даражыныстыларға жататын, шала түрленіп дамитын құрсақ бөлімі жіңішке әрі ұзын жәндіктер табының бір отряды.* Ауыс. *Имиген, қатқан; арық (адам).*

**ИНЕЛІК**[2] зат. жерг. *Балық аулайтын ау тоқуға арналған ағаш ине.*

**ИНЕЛІК**[3] зат. *Ине шаншып қоятын кішкене жастықша немесе жұмсақ мата.*

**ИНЕЛІКТЕЙ** сын. 1. *Инелік сияқты; жіп-жіңішке, кішкентай.* 2. ауыс. *Етінен арылған арық, жүдеу.*

**Инеліктей бұралған.** *Сидиған арық, бүйірі бүйіріне жабысқан.* **Инеліктей бүгілді.** *Әбден қажығанша, әлі кеткенше титықтады, өмірден көп соққы көрді.* **Инеліктей қатты.** *Қаншырдай қатты, қатып-семді.* **Инеліктей ілмиді.** *Әбден жүдеді, арыды.*

**ИНЕЛІКШЕ** үст. *Инелік тәрізді, инелікке ұқсап.*

**Инелікше қатқан.** *Жүдеу келген, арық.*

**ИНЕМТАП** зат. ойын. этн. *Жүргізуші екі ойыншының біреуін тысқа шығарып, екіншісінің бойына, киіміне ине жасырып, оны тапқызып ойнайтын ұлттық ойын түрі.*

**ИНЕРТТІ** сын. 1. физ. *Қуаты мол, күшті, екпіні қатты.* 2. хим. *Ешқандай, химиялық қосылысқа түспейтін (газ).* 3. *Әрекетсіз, белсенді емес.*

**Инертті газдар.** хим. *Периодтық жүйенің VIII тобының элементтері: гелий – He, неон – Ne, аргон – Ar, криптон – Kr, ксенон – Xe, радон – Ra.* **Инертті шаң.** *Жанбайтын материалдардың ұнтақталған минералдық шаңы.*

**ИНЕРТТІЛІК** зат. *Күштілік, қарқындылық.*

**ИНЕРЦИЯ** [лат. inertia] зат. физ. *Дененің өзінің тыныштық күйін немесе бірқалыпты қозғалыс күйін сақтау қасиеті.*

**Инерция күші.** физ. *Материалдық нүктенің массасы мен үдеудің көбейтіндісіне тең және үдеуге қарама-қарсы бағытталған шама.*

**ИНЕРЦИЯЛЫҚ** сын. физ. *Инерцияға тән, инерцияға қатысты.*

**Инерциялық ағыс.** физ. *Қозғалыс тудырушы күштер тоқтағаннан кейін байқалатын су қозғалысы.* **Инерциялық навигация.** тех. *Ешқандай бағдарсыз және сырттан келетін белгілер көмегінсіз навигациялық мәселелер шешетін әдістер жиынтығы.* **Инерциялық шаңтұтқылар.** тех. *Ауаны шаңнан тазартуға арналған, ауа ағынының бағытын күрт өзгерту негізінде жұмыс істейтін аппараттар.*

**ИНЕРЦИЯСЫЗ** сын. физ. *Инерция күшінсіз; инерциясы жоқ.*

**ИНЕСІЗ** сын. *Ине болмайынша, иненің қатысынсыз.*

**ИНЕСҮЗГІ** зат. тех. *Су ағыншасының көмегімен гидравликалық тәсілмен грунтқа батыруға мүмкіндік беретін, төменгі жағына арнайы сүзгі мен сүйір ұштық жалғанған құбырлар тізбегінен тұратын құдық.*

**ИНЕТ=** ет. жерг. ***Иіту.***

**ИНЕ-ТАРАҚ** зат. сөйл. *Айна, тарақ, ине, түйме сияқты ұсақ заттар, фурнитура.*

**ИНЕТҰТҚЫШ** зат. мед. *Хирургиялық инені ұстап тұрып, сол инемен адам не мал тінін тігу үшін қолданылатын, қысқышқа ұқсайтын аспап.*

**ИНЕТҮЙМЕ** зат. жерг. ***Түйреуіш.***

**ИНЕТУ** *Инет етістігінің қимыл атауы, иіту.*

**ИНЕТІКЕН** [ор. колюченосник] зат. өс. *Көпжылдық тікенді өсімдік.*

**ИНЕШЕ** үст. *Ине тәрізді, инеге ұқсап.*

**ИНЕШ** [ор. робиния] зат. өс. *Таулы жерлерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**ИНЖЕКТОР** [франц. injecteur] зат. тех. *Газды және буды сығуға, сондай-ақ сұйықтықты аппараттарға, ыдыстарға қысыммен айдайтын ағынды сорғы.*

**ИНЖЕКТОР-ҚОСПАЛАҒЫШ** зат. тех. *Сұйықтықтарды қоспалауға арналған ағыншалы сорғы.*

**ИНЖЕКЦИЯ** [франц. injecteur] зат. хим. *Әртүрлі қысымды екі ағынның, аралық қысымды аралас ағын түзіп, үздіксіз араласу үдерісі.*

**ИНЖЕКЦИЯЛЫҚ** сын. хим. *Инжекцияға қатысты, соған тән.*

**Инжекциялық лазер.** тех. *Толу инверсиясы орнына электронкемтіктік өту арқылы заряд тасығыштардың инжекциясы қолданылатын қатты денелік лазер.*

**ИНЖЕНЕР** [фр. ingenieur] зат. *Техникалық білімі бар жоғары дәрежелі маман.*

**ИНЖЕНЕРИЯ** зат. *Инженерлік іс, инженерлік өнер.*

**ИНЖЕНЕРЛІК** сын. 1. *Инженерге тән, соған қатысты.* 2. *Техникалық, инженерлердің қызметімен байланысты.*

**Инженерлік ахуал.** әск. *Әскерлердің ұрысы міндеттерін және ұрыс қимылдарын инженерлік қамтамасыз ету міндеттерін орындауға әсер ететін факторлар мен жағдайлар.* **Инженерлік әскер.** әск. *Әскер түрлерінің жауынгерлік қимыл жүргізуіне инженерлік жағдай жасау міндеттерін атқаратын арнаулы әскер.* **Инженерлік барлау.** әск. *Жаудың инженерлік құрылыстарының дәрежесі және ұрыс қимылдары жүріп жатқан жердің сипаты жөніндегі деректерді дер кезінде алуға арналған барлау түрі.* **Инженерлік барлау мәшинесі.** әск. *Өтімділігі жоғары, сауытты, жүзгіш мәшине.* **Инженерлік бөгеттер.** әск. *Ұрыс алдында немесе оның барысында қарсылас әскерінің жылжуын тоқтату не тежеу үшін қойылатын немесе жасалатын инженерлік құралдар мен құрылыстар.* **Инженерлік геодезия.** геол. *Кен іздеуде, инженерлік ғимараттарды салуда пайдаланылатын өлшеу тәсілдері мен құралдарды зерттейтін геодезия ғылымының саласы.* **Инженерлік гидрология.** сушар. *Инженерлік сушаруашылық мәселелерін шешуде гидрологияны тәжірибелік мақсатта қолданумен тікелей байланысты құрлық гидрологиясы аймақтарының жиынтығы.* **Инженерлік геоқозғалыс.** *Геологиялық үдерістердің морфологиясын, себептерін, т.б. қарастыратын инженерлік геологияның ғылыми бағыты, инженерлік геодинамика.* **Инженерлік геология.** құр. *Ғимарат-құрылыстар салынатын грунттардағы үдерістерді зерттейтін геология.* **Инженерлік дайындық.** әск. *Әскер түрлері мен арнайы әскерлердің бөлімшелерінің, бөлімдер мен құрамаларының жеке құрамына соғыс қимылдарын қамтамасыз ететін инженерлік міндеттер мен шараларды үйрету.* **Инженерлік жұмыстар.** тех. *Инженерлік бөлімдер жергілікті жерді қорғаныс үшін жабдықтау кезінде, өткелдер құрылысын тұрғызуда орындайтын және басқа да, негізінен, арнайы дайындықты, білім мен дағдыны талап ететін жұмыстар.* **Инженерлік [құрылыс] құрылыстар.** тех. а) әск. *Ұрыс алдында немесе ұрыс кезінде қарсыластың қимылын тежеу немесе тоқтату үшін жасалатын, тұрғызылатын әртүрлі нысандар.* ә) *Әртүрлі қиындықтағы техникалық білім, біліктілік, құрал-жабдықты қажет ететін қорғаныстық, сәулеттік т.б. маңызы бар нысандар.* **Инженерлік қызмет.** тех. *Құрылыс-монтаж ұйымдарының негізінде құрылатын зақымданған ошақта паналау ғимараттары мен орындарын салу, адамдарды түрлі апат зардаптарынан құтқару сияқты т.б. жұмыстарды атқаруға бағытталған қызмет.* **Инженерлік мина.** әск. *Қарсыластың адам күші мен ұрыс техникасын шығынға ұшырату мақсатында миналық-жарылғыш бөгеттер жасауға, жолдар мен әртүрлі құрылыстарды бұзуға, қарсыластың маневрі мен қозғалысын қиындатуға арналған инженерлік құрылғы.* **Инженерлік мүлік.** әск. *Инженерлік қару-жарақ, инженерлік техника, фортификациялық құрылыстар сияқты т.б. техникалық білім, құрал-жабдықтың күшімен жасалған нысандар.* **Инженерлік оқ-дәрілер.** әск. *Инженерлік миналар, қопару зарядтары, минасыздандыру зарядтары және жарылғыш құралдар, от жүргізу бауы, т.б. техникалық, соғыс дәрі-дәрмектері.* **Инженерлік техника.** әск. *Ұрыс қимылдарын инженерлік тұрғыдан қамтамасыз етуге арналған техника түрлері.* **Инженерлік психология.** психол. а) *Адам мен мәшине арасындағы ақпараттық өзара әрекеттестік үдерістері мен құралдарын, яғни құралмен, мәшинемен және т.б. жұмыс жасайтын адамның мінез-құлқын зерттейтін психология саласы.* ә) *Құрал-жабдықтар, механизмдер, жұмыс орнын, еңбек жағдайын және т.б. жасау проблемалары қарастырылатын өндірістік және ұйымдастыру психологиясымен байланысты қолданбалы пән.* **Инженерлік іздеулер.** тех. *Құрылыс ауданының мақсатқа лайықтылығы мен орналасқан жерінің дұрыстығын негіздеуге, жаңа объектілерді жобалауға немесе пайдаланып жүргендерді жаңғыртуға қажет мәліметтерді*

*жинауға мүмкіндік беретін техникалық және экономикалық зерттеулер кешені.*

**ИНЖЕНЕРЛІК-АВИАЦИЯЛЫҚ** сын. әск. *Әуе техникасы мен әуе күштеріне қатысты техникалық қызметке байланысты.*

**Инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету.** әск. *Авиациялық техниканың әуедегі сенімділігін, тұрақты әскери даярлығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жиынтығы.* **Инженерлік-авиациялық қызмет.** әск. *Әскери-әуе күштеріндегі және қарулы күштердің басқа да түрлеріндегі авиацияның әскери қимылдар мен ұрысқа дайындығын инженерлік-авиациялық қамтамасыз етуге арналған қызметінің бір түрі.*

**ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ** тех. *Геологиялық сипаттағы және техникалық білім, құрал-жабдықты.*

**Инженерлік-геологиялық аудандау.** геол. *Құрылыс аймақтарын геологиялық, гидрогеологиялық, табиғи, ауа райы жағдайларының айырмашылығына қарай аудандарға бөлу.* **Инженерлік-геологиялық түсіру**. геол. *Далада жүргізілген барлаудан алынған әртүрлі зерттеулердің нәтижесі негізіндегі инженерлік-геологиялық зерттеулер кешеніндегі басты жұмыстардың бірі.*

**ИНЖЕНЕР-МЕХАНИЗАТОР** зат. ауылшар. *Жоғары техникалық ауылшаруашылық оқу орнын не қандай да бір ауылшаруашылық институтының механизация факультетін бітірген және мәшине-трактор паркін пайдалану және жөндеу жөніндегі жоғары білімді маман.*

**ИНЖЕНЕР-ТЕХНИК** зат. *Техниканың белгілі бір нақты саласына маманданған жоғары білікті маман.*

**ИНЖЕНЕР-ТЕХНОЛОГ** зат. *Қандай да бір материал, өнімді өңдеудің немесе өндіріс үдерістерін жүргізу тәртібін, әдіс-тәсілдерін меңгерген жоғары білікті техника саласының маманы.*

**ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Күрделі құрылыс, сәулет пен техникаға қатысты.*

**ИНЖИНИРИНГ** [лат. engineering] зат. тех. экон. *Маман-кеңесшілердің кәсіпорындар құру, өнімдер шығару, хабарлар жасау мәселелерін талдап, әзірлеу жөніндегі қызметтің аясы.*

**ИНЖИНИРИНГІЛІК** сын. экон. *Инжинирингіге қатысты, соған тән.*

**Инжинирингілік компания.** экон. *Өндірістік үдерісті дайындаумен байланысты сияқты т.б. инжинирингілік қызметтер көрсетуге маманданған компания.*

**ИНЖИЛ** зат. діни. ***Інжіл.***

**ИНЖИР** зат. өс. **1.** *Тәтті, шырынды жемісі бар, тұт тұқымдасына жататын субтропикалық жеміс ағашы.* **2.** *Сол ағаштың жемісі.* 3 сөйлем. **Інжір.**

**ИНЖУ** зат. сөйл. ***Інжу.***

**ИНЕРТТІ: инертті газ.** хим. *Химиялық, белсенділігі төмен гелий, неон, аргон, криптон, ксенон, радон сияқты асыл газдар.*

**ИНЕРТТІЛІК** [лат. inertia – қалыптылық, қозғалыссыздық] зат. физ. *Сырттан әсер етуші күштер болмаған немесе тыныш болған мезгілдегі дененің қалыптылық күйін немесе тыныштық қалпын сақтауы.*

**ИНИЦИАЛДЫҚ: инициалдық клетка (жасуша).** бот. *Өзі сияқты жас жасушалар түзіп, белгілі бір қасиетін жоғалтпай, сақтап қала беретін жасуша.*

**Инициалдық магматизм.** геол. *Геосинклиндік құрылым дамуының алғашқы сатысын, яғни оның нақты геосинклиндік даму сатысын сипаттайтын, негізінен сималық магматизм жиынтығы.*

**ИНИЦИАТИВА** [фр. initiative] зат. **1.** ***Бастама*** *(белгілі бір істі, жұмысты атқаруға байланысты алғашқы бастама, ілкі қадам).* **2**. *Іскерлік, өз бетінше белсенді әрекет жасау қабілеті.* **3**. ресми. *Талқылауға ұсынылған ұсыныс.*

**ИНИЦИАТИВАЛЫ** сын. *Бастамалы (бір істі бастауға бейім, іскер; белсенді).*

**ИНИЦИАТОР** зат. ***Бастамашы.***

**ИНКАПСУЛЯЦИЯ** зат. инф. *Желі арқылы жеткізілетін мәліметтер дестесіне оның жеткізілуін қамтамасыз ететін қосымша басқару аппаратын енгізу.*

**ИНКАР** [ар. إنكار]: **инкар етті.** *Қабыл алмады, мойындамады.*

**ИНКАРНАЦИЯ** [лат. incarnatio] зат. діни. *Материалдық денеде рухтың, жанның пайда болуы.*

**ИНКАССАТОР** [итал. incassare] зат. экон. *Ұйымдардан ақшаны банкіге өткізу үшін қабылдайтын лауазымды адам.*

**ИНКАССАТОРЛЫҚ** [итал. incassare] сын. *Инкассаторға қатысты, инкассаторға тән.*

**Инкассаторлық орын.** *Ақысы төленуге тиісті құжаттар бойынша ақша қабылдап алатын банк бөлімшесі.*

**ИНКАССО** [итал. incasso] зат. экон. *Сенім білдірушінің тапсырмасымен ақша алу банктік операциясы.*

**ИНКВИЗИЦИЯ** зат. тар. *XII-XIX ғасырларда католик шіркеуіндегі зайырлы билік органдары мен мекемелерінен тәуелсіз шіркеу заңнамасының ерекше соттары.*

**ИНКВИЗИЦИЯЛЫҚ** сын. тар. *Инквизицияға қатысты, соған тән.*

**ИНКЛИНАТОР** [лат. inclinare] зат. тех. *Магниттік еңкеюді, яғни Жердің магнит өрісі кернеулігінің көлденең жазықтықпен жасайтын бұрышын өлшейтін аспап.*

**ИНКЛИНОМЕТР** [лат. inclinare – еңкейту, грек. metron – өлшейтін] зат. тех. кен. *Ұңғыма осінің азимуты мен еңістік бұрышын анықтауға арналған аппарат.*

**ИНКЛЮЗДЕР** зат. кен. *Мөлдір минералдармен қапталған, тұтас таскертпе сыртынан анық көрінетін органикалық қалдықтар.*

**ИНКЛЮЗИВТІЛІК** [фр. inclusif] зат. *Саясаттың қоғамның басқа салаларына бойлай енуі.*

**ИНКОГРАФ** зат. *Арнайы сиямен толтырылған автоқаламұш.*

**ИНКОНЕЛЬ** зат. хим. *Никельдің хроммен (15-17 %), темірмен (19 %-ға дейін), алюминиймен (3 %-ға дейін) және титанмен (3 %-ға дейін) ыстыққа берік қорытпасы.*

**ИНКОРПОРАТИВ** сын. лингв. *Сөз тіркесі құрамындағы сөз мүшелерді бір морфологиялық тұтастықта біріктіру арқылы көрінетін синтаксистік байланысқа қатысты.*

**Инкорпоратив тілдер.** лингв. <ағыл. incorporaying languages> ***Тілдердің инкорпоратив типі.***

**ИНКОРПОРАЦИЯ** [лат. incorporatio] зат. **1**. терм. *Өз құрамына қосып алу, бірігу.* **2**. заң. *Әртүрлі кезеңде жасалған күшіне енген заңдар мен заң актілерін ешбір өзгеріссіз басын біртұтас етіп біріктіру.* **3**. лингв. *Сөз тіркесі құрамындағы сөз мүшелерді бір морфологиялық тұтастықта біріктіру арқылы көрінетін кейбір тілдердегі синтаксистік байланыстардың түрі.* **4**. психол. *Психоанализде – қорғаныштың қиял сияқты әрекет ететін қарапайым механизмі.*

**ИНКОРПОРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Инкорпорацияға қатысты, инкорпорацияға тән.*

**Инкорпорациялық құрылым.** геол. *Бір сынық түйірдің екіншіге жаншылуынан қалыптасатын құрылым.*

**ИНКОТЕРМС** зат. заң. *Сыртқы сауда келісімшарттарында жиі кездесетін коммерциялық терминдерді түсіндірудің халықаралық ережелері.*

**ИНКРЕМЕНТОР** зат. инф. *Берілген шаманың тұрақты жетілдірілуін жасақтайтын құрылғы.*

**ИНКРЕМЕНТТІ: инкрементті вектор.** инф. *Әрбір сан (екіншісінен бастап) алдыңғы санға өсімшені қосу арқылы анықталатын сандар векторы.*

**ИНКРЕТ** зат. *Ішкі секрециялы бездердің шырыны.*

**ИНКРУСТАЦИЯ** [лат. incrustatio] зат. өнер. *Заттың бетіне басқа түсті сол заттың өзінен немесе өзге нәрседен кесілген қималарды жымдастырып жапсыру арқылы бұйымдарды, құрылыстарды әсемдеудің бір түрі.*

**ИНКТЕР** зат. тар. *Бастапқыда XI-XII ғасырлардағы Peруды мекендеген кечуа тілдік тобына жататын үнділер тайпасы, кейіннен – үнді тайпаларының одағын құрған мемлекеттегі өктем әлеуметтік қабат.*

**ИНКУБАТОР** [лат. incubare] зат. ауылшар. **1**. *Үй құстары жұмыртқасынан мекиен бауырына салып баспай-ақ балапан шығаруға арналған аппарат және әдіс.* **2**. *Уылдырықтан жасанды жолмен балық алу; уылдырықтан балық шығаратын аппарат.* **3**. мед. *Жұқтырып алғаннан бастап белгілері айқын көрінгенге дейінгі аурудың жасырын дамуы.* **4**. психол. *Когнитивтік психологияда өтуі бойынша проблеманы шешу үшін ешқандай саналы әрекет жасалмайтын, бірақ проблеманың шешілуімен аяқталатын уақыт кезеңі.*

**ИНКУБАТОРИЙ** зат. ауылшар. *Инкубация жүретін арнайы қондырғылармен жабдықталған орын.*

**ИНКУБАЦИЯ** [лат. incubatio] зат. **1**. ауылшар. *Инкубаторийде мал төлін жасанды жолмен алу.* **2.** мед. *Аурудың жұққаннан кейін алғашқы белгілері көрініс бергенге дейінгі жасырын түрде өтетін кезеңі.*

**ИНКУБАЦИЯЛА=** ет. ауылшар. *Балапан немесе уылдырықты инкубациядан өткізу.*

**ИНКУБАЦИЯЛАУ** [лат. incubatio] *Инкубацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ИНКУБАЦИЯЛЫҚ** сын. ауылшар. *Инкубацияға қатысты, инкубацияға тән.*

**Инкубациялық (астыртын) кезең.** мед. *Адамның не малдың денесіне ауру қоздырғышы енген сәттен аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейінгі мерзім.*

**ИНКУЛЬТУРАЦИЯ** зат. мәд.-әлеум. *Иммигранттардың тұрып жатқан елдің мәдениетін игеруі.*

**ИННЕРВАЦИЯ** [лат. in – ішінде, nervus – жүйке] зат. мед. *Ағза тіндері мен мүшелерінің жүйке жасушыларымен қамтамасыз етілуі.*

**ИННОВАТОР** зат. *Инновациялық үдерістің белсенді мүшесі: кәсіпкер, жетекші, зерттеуші, өндіріс жұмысшысы және т. б.*

**ИННОВАЦИЯ** [итал. innovation] зат. **1**. кіт. *Жаңа енгізулер, жаңалықтар.* **2**. экон. *Экономикаға жаңа техника, технологияларды, жаңадан ойлап табылған қондырғыларды енгізуге бағытталған шаралар; жаңашаландыру.* **3**. лингв. *Кейінгі кезеңде пайда болған тілдегі жаңа құбылыс.*

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ** сын. *Инновацияға қатысты, инновацияға тән.*

**Инновациялық банк.** экон. *Өнертабысқа, ғылыми-техникалық талдамаларды кеңінен қолдануға жәрдемдесу үшін коммерциялық негізде құрылатын банк.* **Инновациялық процесс.** пед. ***Инновациялық үдеріс*.** **Инновациялық үдеріс.** пед. *Білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайын екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.*

**ИНОЗИТ** [грек. inos] зат. хим. $Ca_6H_{12}O_6$ – *алты атомды циклдік спирт.*

**ИНОКУЛЯЦИЯ** [лат. inoculatio] зат. биол. **1.** *Топырақты құнарландыру және оның қалыпты микрофлорасын қалпына келтіру мақсатында пайдалы бактериялар мен саңырауқұлақтар сіңіру.* **2.** *Тері астында заттек инфекциялау; ағзаға жұқпалы аурудың енуі.*

**ИНОМАРКА** зат. мәшинежас. *Шетелде шығарылған жеңіл автокөлік.*

**ИНОСТРАНЦЕВИЯ** [лат. inostrancevia] зат. зоол. *Аңтістілер отряд тармағына жататын өліп біткен, аң тәрізді бауырымен жорғалаушылар туысы.*

**ИНСАЙД** [ағыл. inside] зат. спорт. *Футбол ойыншысы – жартылай қорғаушы.*

**ИНСАЙДЕР** [лат. insider] зат. экон. *Қызмет бабына, эмитентпен жасалынған шартқа, эмитент акциясын меншіктенуіне, мемлекеттік бақылау міндеттерін немесе басқа да кәсіптік қызметтерді орындауына байланысты эмитенттің ішкі ақпаратына қолы жететін тұлға.*

**ИНСАЙТ** зат. психол. **1**. *Психотерапияда – біреудің бұрын аңғарылмаған психикалық күйін түсіну немесе білу.* **2**. *Гештальтпсихологияда еске түсірмей-ақ, бұрынғы тәжірибеге сүйенбей, бір нәрсені жаңадан дұрыс аңғару арқылы мәселелер шешілетін үдеріс.*

**ИНСАН**[ар. انسان ] зат. *Алла тағала жаратқан саналы тіршілік иесі ретіндегі адам, адам баласы.*

**Инсан баласы**. *Адамзат, адам қоғамы.*

**ИНСАНИЯТ** [ар. انسانية ] зат. ескі кіт. **1.** *Адамшылық, адамға тән қасиет.* **2**. *Адамзат, адам баласы.*

**ИНСАНЛЫҚ** зат. ескі кіт. *Адамгершілік.*

**ИНСАП** зат. ескі кіт. ***Ынсап*** *(қанағаттылық, кішіпейілділік).*

**ИНСАПСЫЗ** сын. ескі кіт. ***Ынсапсыз***.

**ИНСАПТЫ** сын. ескі кіт. ***Ынсапты***.

**ИНСАФ** зат. ескі кіт. ***Ынсап***.

**ИНСЕКТОФУНГИЦИДТЕР** [лат. insectum – жәндік, fungus – саңырауқұлақ, caedere – жою] зат. хим. егіншар. *Егінжайлар мен бақша өсімдіктерінің зиянкес жәндіктері мен саңырауқұлақтарын жоятын улы химиялық заттектер.*

**ИНСИНУАЦИЯ** [лат. insinuatio] зат. саяси. *Біреуді немесе бір нәрсенің беделін түсіріп, төмендету мақсатында жалған, жала, өсек-аяңдардың ойдан шығарылуы.*

**ИНСИЯТ** зат. сөйл. ***Инсаният*** *(адамшылық, адамға тән қасиет).*

**ИНСЕКТАРИЙ** [лат. insecta] зат. мед. *Буынаяқтыларды (жәндіктер, кенелер) бағуға, өсіріп-өндіруге арналған бөлме (үй).*

**ИНСЕКТИЦИДТЕР** [лат. insectum] зат. арн. *Зиянды жәндіктерді жоюға арналған улы химиялық заттек.*

**ИНСКРИБИРЛЕУ** ет. инф. *Құжатты адам да, электронды мәшине де қабылдайтын нұсқада кодтау.*

**ИНСОЛЯЦИЯ** [лат. insolatio] зат. физ. **1.** *Жердің беткі қабатының күн радиациясына шалдығуы.* **2**. мед. *Белгілі бір мөлшерде адам не мал денесіне күн сәулесін түсіріп, ондағы биофизикалық және биохимиялық үдерістерге әсер ету.*

**ИНСПЕКТОР** [лат. inspector] зат. **1**. тар. *Ертеректе Ресейдегі және сол сияқты Қазақстандағы орта білім беретін оқу орындарының директоры.* **2.** *Мемлекеттік мекемеге, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдарға қарасты органдар және жеке қызметкерлердің жұмысын, атқаратын қызметін тексеретін қызмет немесе лауазым иесі.*

**ИНСПЕКТОРЛЫҚ**[1] зат. *Инспектор лауазымына тән қызмет.*

**ИНСПЕКТОРЛЫҚ**[2] *Инспекторға тән, соған қатысты.*

**Инспекторлық тексеріс [тексеру].** *Бақылау, тексеру қызметінің негізінде жүргізетін жұмыс.*

**ИНСПЕКЦИЯ** [лат. inspectio] зат. **1.** *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын тексеру ісі; тексеріс.* **2.** *Басқа мекеме, ұйым, кәсіпорындағы тәртіпті, заңдылықты бақылаушы қызмет атқаратын мекеме; мемлекеттік тексеру орны.*

**Инспекциялық бақылау.** ресми. *Құзырлы мемлекеттік тексеру орындарының өздеріне қарасты мекеме, кәсіпорын, т.б. қызметін қадағалауы.*

**ИНСПИРАЦИЯ** [лат. inspiratio] зат. **1**. мед. *Ауа жұту, сыртқы қабырғааралық бұлшық еттер мен диафрагма жиырылған кезде іске асырылатын акт.* **2.** діни. филос. *Өз рухын енгізгендегі Құдайдың адамдармен құдіретті қарым-қатынасы, ерекше шабыттануы.*

**ИНСТАЛЛЯТОР** зат.инф. *Инсталляцияны орындайтын компьютерлік бағдарлама.*

**ИНСТАЛЛЯЦИЯ** [нем. Installation – орнату] зат. ақп. *Компьютерге жаңа құрылғыларды немесе бағдарламаларды орнату процесі.*

**ИНСТАНЦИЯ** [лат. instantia] зат. ресми. *Бір-біріне бағынатын мемлекет, мекеме, кәсіподақ орындарының жүйесіндегі төменнен жоғары қарай бағыну сатысындағы мекемелер.*

**ИНСТИНКТ** [лат. instinctus] зат. **1**.биол. *Шартсыз рефлекс негізінде пайда болатын, белгілі бір табиғи, тіршілік ортасына әбден бейімделгендікті көрсететін туа пайда болған тұқым қуалайтын жан-жануарлар ағзасына тән қасиет, қабілеттілік.* **2.** ауыс. *Санасыз түйсік, соқыр сезім.*

**ИНСТИНКТИВТІ** сын. *Шартсыз рефлекс негізінде пайда болатын, белгілі бір табиғи, тіршілік ортасына әбден бейімделгендікті көрсететін, туа пайда болған, тұқым қуалайтын жан-жануарлар ағзасына тән қасиет; қабілеттілікке қатысты.*

**ИНСТИНКТІК** сын. терм. *Инстинк негізіндегі.*

**ИНСТИТУТ** [лат. institutum] зат. **1.** *Арнайы білім беретін жоғары оқу орны.* **2.** *Арнайы ғылым саласындағы іргелес және қолданбалы зерттеу бағдарламалары бойынша зерттеулер жүргізумен айналысатын ғылыми-зерттеу мекемесі.* **3.** кіт. құқық. *Қоғамдық қатынастың белгілі бір саласындағы құқық нормаларының жиынтығы.* **4.** әлеум. *Қоғамдық өмірді, адамдардың әрекетін ұйымдастыру, реттеудің бір формасы, қоғамның әлеуметтік құрылысының бір элементі.*

**Институтқа бару**. сөйл. *Жоғары оқу орнына тәлімгер ретінде қабылданып, оқуға түсу.* **Институтты бітірді**. сөйл. *Жоғары оқу орнын тәмамдап, жоғары білімді маман болып шықты.*

**ИНСТИТУТТАЛ=** ет. қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы құқық нормаларымен немесе әдет, салт-дәстүрмен реттелу.*

**Институтталған қатынастар.** қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы құқық нормаларымен немесе әдет, салт-дәстүрмен реттелген қатынас түрлері.*

**ИНСТИТУТТЫҚ** сын. *Институтқа қатысты.*

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ** сын. **1.** саяси. *Институционалдық тән болған.* **2.** лингв. *Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік топтағы екі тұлға арасындағы қатынасқа қатысты.*

**Институционалды коммуникация.** лингв. *Әртүрлі қоғамдық-әлеуметтік топ өкілдерінің мақсатты тілдік қарым-қатынасы.*

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫЛЫҚ**[1] зат. қоғ.-саяси. <establishment of social institutes> **1.** *Қоғамдық қатынастарды заңды немесе ұжымдық бекіту, кез келген әлеуметтік институттардың кеңсесі.* **2.** саяси. *Қоғамдық ғылымдарда саясаттағы институттардың рөлін ашып көрсететін саясаттанудың негізгі әдістемелік тәсілдерінің бірі, саясатты зерттеу бағыты.*

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ** сын. саяси. *Институционалдыққа қатысты.*

**ИНСТИТУЦИОНАЛИЗМ** зат. қоғ.әлеум. ***Институционалдылық.***

**ИНСТИТУЦИОНАЛИСТ** зат. саяси. *Қоғамдық ғылымдарда саясаттағы институттардың рөлін ашып көрсететін саясаттанудың негізгі әдістемелік тәсілдерінің бірін, осы бойынша саясатты зерттеу бағытын ұстанушы.*

**ИНСТРУКТОР** [лат. instructor] зат. ***Нұсқаушы.*** **1.** *Белгілі бір іске, шеберлікке, мамандыққа үйретіп отыратын маман, нұсқаушы.* **2.** *Бір мекемеге қарасты бөлімшелерді, қоғамдық ұйымдарды тексеріп, нұсқаулық беріп отыратын лауазымдағы адам.*

**ИНСТРУКТОРЛЫҚ** сын. *Нұсқаушылық, нұсқаушыға қатысты, нұсқаушы бойынша.*

**ИНСТРУКЦИЯ** [лат. instructio] зат. ***Нұсқаулық*** *(бір істі жүзеге асыруға қажетті нұсқаулар мен ережелер жиынтығы және олар жарияланған құжат).*

**ИНСТРУМЕНТ** [лат. instrumentum] зат. филос. ***Құрал***.

**ИНСТРУМЕНТАЛИЗМ** зат. филос. *Америкалық философ Дж.Дьюи (1859-1952) мен оның ізбасарларының субъективтік-идеалистік ілімі; прагматизмнің бір түрі.*

**ИНСТРУМЕНТАРИЙ** зат. *Қандай да бір арнаулы ортада қолданылатын аспаптардың жиынтығы.*

**ИНСТРУМЕНТАЛДЫ** сын. терм. *Құралға қатысты, құралмен байланысты.*

**Инструменталды фонетика**. лингв. *Тіл дыбыстарын әртүрлі құралдар арқылы зерттеу әдісіне негізделген фонетиканың бір саласы.* **Инструменталды тәсіл**. саяси. *Элиталардың саяси және қандай да бір басқа мақсатқа жету үшін этникалық ынтымақтастықты пайдалануын, сөйтіп, олардың саяси жұмылуы барысында этникалық санасын шиеленістіретінін білдіретін көзқарас.*

**ИНСТРУМЕНТАЛДЫҚ** сын. ***Құралдық***.

**ИНСУЛА** зат. **1.** *Ежелгі Римдегі табысы мол үй.* **2.** *Қала кварталы (архитектуралық термин).*

**ИНСУЛИН** [лат. insulinum] зат. мед. *Ағзадағы көміртек айналымын реттейтін ұйқы безінің ақуызды гормоны.*

**ИНСУЛЬТ** [лат. insultare] зат. мед. *Мидың қан айналымының зақымдануымен байланысты болатын ауру, апоплепсия.*

**ИНСУРРЕКЦИЯ** [лат. insurrectio] зат. құқық. *Дипломатиялық құқықта дипломаттың өз қызметінен бас тартуы.*

**ИНСЦЕНИРОВКА** [лат. in – үстінде, scena – сахна] зат. **1**. *Белгілі бір көркем шығарманы сахнаға ыңғайлап қайта жазу.* **2.** құқық. *Қылмыскердің қылмыс ізін жасыру үшін белгілі бір жағдайды қолдан қалыптастырып, жалған көрініс арқылы тергеуді теріс жолға бағыттайтын әдісі.*

**ИНТАРСИЯ** [итал. intarsio] зат. қолөнер. *Ағаш бетін ойып, түсі мен түрі әртүрлі ағаш тақталарынан түрлі ою-өрнек, т.б. бейнелерді қондырып, бекіту арқылы жасалатын өнербезің (инкрустацияның) ағаштан жасалатын түрі.*

**ИНТЕГРАЛ** [лат. integer] зат. мат. *Кері дифференциалау арқылы шыққан шама.*

**ИНТЕГРАЛДА=** ет. мат. *Берілген функцияның интегралын табу.*

**ИНТЕГРАЛДАУ**[1] зат. мат. *Анықталмаған интегралды іздеу амалы.*

**ИНТЕГРАЛДАУ**[2] мат. *Интегралда етістігінің қимыл атауы (берілген функцияның интегралын табу).*

**ИНТЕГРАЛДАУЫШ** сын. инф. *Белгілі бір функцияның анықталған интегралына пропорционал шама табуға арналған.*

**Интегралдауыш құрылғы**. инф. *Белгілі бір функцияның анықталған интегралына пропорционал шама табуға арналған есептеуіш мәшиненің бөлігі.*

**ИНТЕГРАЛДЫҚ** сын. мат. *Интегралға тән, интегралға қатысты.*

**Интегралдық геометрия**. *Геометриялық бейнелердің өлшеуіштері жайындағы ғылым.* **Интегралдық есептеулер.** матем. *Математиканың интегралды қасиеттері мен есептеу тәсілдерін және олардың әртүрлі қолданылуын зерттейтін саласы.* **Интегралдық сұлба.** тех. *Элементтері (транзисторлар, диодтар, конденсаторлар және резисторлар) бір*

*технологиялық циклда дайындалған, бір-бірімен бірыңғай өткізгіштер арқылы байланысқан, өте шағын етіп жасалған электрондық құрылғы, бір ғана шала өткізгішті кристалл ішінде немесе бетінде орналасқан электрондық сұлба.* **Интегралдық теңдеу**. матем. *Ізделетін функциясы интеграл астында болатын теңдеу.*

**ИНТЕГРАТОР** [ағыл. integrator] зат. ***Интегралдауыш құрылғы.*** **1.** матем. *Интегралды анықтайтын есептеуіш құрлығы.* **2.** инф. *Аналогтік есептеу мәшинесінің интеграл алу операциясын жүзеге асыратын аналогтің қызметтік бөлшегі.* **3.** тех. *Жазық фигуралардың статистикалық қалпын, инерциялық қалпын және ауданын механикалық әдіспен есептеп шығаратын аспап.*

**ИНТЕГРАЦИЯ** [лат. integratio] зат. кіт. ***Құрмаласу.*** **1**. *Қандай да бір бөліктердің біртұтас болып бірігуі, олардың арасындағы байланыстардың дамуы.* **2.** экон. ***Экономикалық интеграция.*** **3.** пед. *Педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру.*

**ИНТЕГРАЦИЯЛАН=**ет. кіт. ***Құрмаласу*** *(қандай да бір субъектілердің бірігуі, олардың арасындағы байланыстардың дамып, өзара қатынастарының тереңдеуі).*

**ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ** *Интеграциялан етістігінің қимыл атауы.*

**ИНТЕГРИМЕТР** [лат. integer – тұтас, metron – өлшеймін] зат. тех. *График түрінде берілген функцияны есептеуге арналған аналогті механикалық аспап.*

**ИНТЕЛЛЕКТ** [лат. intellectus] зат. **1.** ***Зияткерлік*** *(адамның ойлау қабілеті; ақыл, ес).* **2.** зоол. *Зоопсихологияда жоғары сатылы жануарлардың психологиясы.*

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛ** сын. ***Зияткер*** *(ақыл-ой жағынан күшті дамыған, ой еңбегімен айналысатын (адам).*

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ** сын. ***Зияткерлік*** *(кемеліне келген, өсіп-жетілген, парасатты).*

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ** сын. ***Зияткерлік*** *(интеллектуалға қатысты).*

**Интеллектуалдық еңбек**. ***Ой еңбегі***. **Интеллектуалдық меншік**. құқ. ***Зияткерлік меншік***. **Интеллектуалдық ойын.** ***Зияткерлік ойын*** *(қатысушылардың ойлау қабілетін дамытуға, зияткерлігін арттыруға бағытталған ойын түрі).*

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛИЗМ** [лат. intellectualis] зат. филос. *Саналы және танымдық үрдіс кезіндегі интеллектінің ерекшелігін анықтауда шешуді рөлді атқаратын философиялық және психологиялық әдістер.*

**ИНТЕЛЛЕКТІЛІК** сын. *Зияткерлікке қатысты, зияткерлікке тән.*

**Интеллектілік ақпарат.** инф. <ағыл. intelligent information> *Жасанды интеллект жүйелерінде семантикалық және прагматикалық қасиеттері бар ақпарат.* **Интеллектілік ақпараттық жүйе.** инф. <ағыл. intellectual information system> *Пайдаланушының мәліметтерге табиғи немесе кәсіптік-бағдарланған тілде қатынас құруына мүмкіндік беретін интеллектілік интерфейспен жабдықталған автоматтандырылған ақпараттық жүйе.* **Интеллектілік интерфейс**. инф. <ағыл. intelligent interface> *Пайдаланушының компьютермен табиғи тілде әрекеттесетін құралдарының жиынтығы.* **Интеллектілік мәліметтер базасы**. инф. <ағыл. intelligent database> а) *Сұраныска жауап ретінде тікелей сақталатын мәліметтер, сондай-ақ логикалық қорытумен алынған мәліметтер, пайдаланылатын мәліметтердің базасы.* ә) *Мәліметтеріне қатынас құру табиғи тілде немесе табиғи тілге жуық сұраныстар тілінде жүзеге асырылатын мәліметтер базасы.* **Интеллектілік мәліметтер банкі.** инф. <ағыл. intelligent databank> *Екі қосымша құраушы: білімдер базасы мен интеллектілік интерфейс енгізілетін мәліметтер банкі.* **Интеллектілік терминал.** инф. <ағыл. intelligent terminal> а) *Өзі қосылған компьютер жұмысынан тәуелсіз мәліметтерді редакциялау мен түрлендіру құралдарын ұсынатын меншікті жад пен микропроцессоры бар терминал.* ә) *Терминал ретінде үлкен компьютерді пайдаланатын микрокомпьютер немесе дербес компьютер.*

**ИНТЕЛЛИГЕНТ** зат. **1.** ***Зиялы адам*** *(оқыған, жоғары мәдениетті адам). //* ***Зиялы.*** **2.** ауыс. жағымсыз. *Жалған оқымысты; шолақ белсенді, ар жағында зиялылықтан белгі жоқ адам.*

**ИНТЕЛЛИГЕНТТІК** сын. *Зиялы адамға тән.*

**ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ** [лат. intelligentia] зат. ***Зиялы қауым***.

**ИНТЕЛЛИГИБЕЛЬДІК** сын. филос. *Зияткерлік арқылы ғана ұғынуға жарамды, зияткерлік әлеміне жататын интеллектуалды сана, сезінуге тән.*

**Интеллигибельдік әлем**. филос. *Рухани шындықты құрайтын идеялардың, мұраттардың жиынтығы, сезім жетпейтін, ақылмен танылатын нысананы белгілейтін философиялық термин.* **Интеллигибельдік мінез**. филос. *Кант және Шопенгауэр бойынша, адам мінез-құлқының метафизикалық негізі.*

**ИНТЕНДАНТ** [франц. intendant] әск. *Қарулы күштердегі әскерді азық-түлікпен, жемшөппен, қажетті заттармен және жүк тасымалдайтын – шаруашылық мүліктерімен жабдықтауды басқаратын, сондай-ақ жеке құрамды пәтермен қамтамасыз ететін және тұрмыстық жабдықтауды ұйымдастыратын лауазымдық тұлға.*

**ИНТЕНДАНТТЫҚ** сын. әск. *Интендантқа қатысты, соған тән.*

**Интенданттық қызмет.** әск. *Қарулы күштердегі әскерді азық-түлікпен, жемшөппен, заттай және жүк тасымалдау – шаруашылық мүліктермен жабдықтауды басқаратын, сондай-ақ жеке құрамды пәтермен және тұрмыстық қамтамасыз етуді ұйымдастыратын қызмет.*

**ИНТЕНСИВТЕНДІР=** ет. сөйл. ***Қарқындат***.

**ИНТЕНСИВТЕНДІРУ** **1.** ***Қарқындату*** *(интенсивтендір етістігінің қимыл атауы).* **2.** ***Жеделдету*** *(өндірістің қарқындылығын, өнімділігін молайту).*

**ИНТЕНСИВТІ** [франц. intensif] сын. **1.** ***Қарқынды.*** **2.** *Өнімді, тиімді.*

**ИНТЕНСИВТІК** сын. **1.** ***Қарқындық***. **2.** *Өнімділік, тиімділік.*

**ИНТЕНСИВТІЛІК** зат. **1.** ***Қарқындылық***. **2.** *Өнімділік, тиімділік.* **3.** лингв. *Сөз әуенінің (интонацияның) дауыс қаттылығын сипаттайтын физикалық шамалардың бірі.*

**ИНТЕНЦИОНАЛИЗМ** [лат. intentio] зат. ***Интенцияшылдық.***

**ИНТЕНЦИЯ** [лат. intentio] зат. **1.** психол. *Сананың, ерік, жігер, сезімдерінің бір нысанға бағытталуы.* **2.** филос. *Сананың затқа бағытталуын немесе зат бейнесінің ойда сақталуын сипаттайтын идеалистік философиялық ұғым.*

**ИНТЕНЦИЯШЫЛДЫҚ** зат. филос. <лат. intentio> *Сананың белгілі затты түсінуге бағытталуы немесе заттың шынайы, шынайы емес екендігіне тәуелсіз сана нақтылығы.*

**ИНТЕР...** [ағыл. inter] *Өзара әрекет бір-біріне бағытталу мағынасын білдіретін күрделі сөздердің бөлігі.*

**ИНТЕРАКТИВТІ** сын. инф. <ағыл. interactive graphiecs> ***Интербелсенді***.

**Интерактивті бейне.** инф. <ағыл. interactive video> *Бағдарламаны пайдаланушының әрекеті, оның таңдаулары мен шешімдері оқиғалар ретіне әсер ететіндей жолмен бейне және электронды технологияларды біріктіріп қолдану.* **Интерактивті графика.** инф. <ағыл. interactive graphiecs> а) *Пернетақта мен нұсқағыш құрылғы арқылы команда бере отырып, графикалық жүйенің экрандағы кескінін қарап шығуды және түрлендіруді ұйымдастыру жұмысы; интерактивті графика жүйесін даярлаумен байланысты бағдарламалау саласы.* **Интерактивті нысан.** инф. <ағыл. interactive object> *Гипермедиада – енгізу және шығару міндеттері бар құрама объект.* **Интерактивті тақта**. пед. ***Интербелсенді тақта***. **Интерактивті тәртіп.** инф. <ағыл. interactive mode> *Адамның процеске жасалатын түрлі әсер түрінде есептеуші жүйемен әрекеттесу режимі. [Бұл әсер нақты есептеуші жүйені басқару тетігінде кездеседі және процестің оған жауап қимылдарын тудырады].*

**ИНТЕРАКЦИОНИЗМ** [ағыл. interaction] зат. психол. *Адам психикасының ішкі құрылымдарын зерттеуге қатысты психологиядағы ағымның бірі.*

**ИНТЕРӘРЕКЕТ** зат. инф. <ағыл. interaction> *Есептеу желілерінде – сервистік блоктар тобының сеансы кезінде мәліметтерді бір жіберілетін зат түрінде жеткізу процедурасы.*

**ИНТЕРБАНК** зат. экон. *Қамсыздандырылмаған қысқа мерзімді несиенің, депозиттердің банкаралық рыногы.*

**ИНТЕРБЕЛСЕНДІ** сын. инф. <ағыл. interactive> *Тұтынушы мен бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ электронды есептеуіш мәшиненің арасындағы өзара әрекеттестікті жүзеге асырушы.*

**Интербелсенді диалог**. инф. *Ақиқат уақыт тәртібінде пайдаланушы мен ақпарат жүйесі арасындағы белсенді хабар алмасу.* **Интербелсенді оқыту.** пед. *Өзара әрекет тактикасы мен стратегиясын жасау, бірлескен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.* **Интербелсенді тақта**. пед. *Ақиқат уақыт тәртібінде пайдаланушы мен ақпарат жүйесі арасындағы белсенді хабар алмасуға негізделген оқытудың құралы ретіндегі компьютерлік бағдарлама бойынша жұмыс істейтін тақта.*

**ИНТЕРВАЛ** [лат. intervallum] зат. **1.** *Заттар арасындағы қашықтық.* **2.** муз. лингв. *Бір мезгілде немесе кезекпен дауысталған (шығарылған) екі дыбыстың жоғарғы тондарының айырмасы.* **3.** матем. *A және b екі берілген сандар арасындағы барлық нақты сандардың жиынтығы.* **4.** полигр. *Терілген мәтіннің әрбір жолындағы қаріптер арасындағы қашықтық.*

**ИНТЕРВАЛДЫҚ** сын. муз. лингв. *Интервалға қатысты, соған тән.*

**ИНТЕРВЕНТ** [лат. intervenire] зат. ***Басқыншы*** *(интервенция ұйымдастырушы, соған қатысушы; басып алушы).*

**ИНТЕРВЕНЦИЯ** [лат. interventio] зат. саяси. ***Басқыншылық*** *(бір мемлекеттің егемендігіне, тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына нұсқан келтіру, оған өз саяси үстемдігін жүргізу, қандай да бір пайда, олжа алу мақсатында оның ішкі істеріне басқа бір мемлекеттің немесе мемлекеттердің қол сұғуы, араласуы).*

**ИНТЕРВЕНТ-МЕМЛЕКЕТ** зат. саяси. ***Басқыншы мемлекет*** *(бір мемлекеттің егемендігіне, тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына нұқсан келтіруші, оған өз саяси үстемдігін жүргізуші, қандай да бір пайда, олжа алу мақсатында оның ішкі істеріне қол сұғушы мемлекет).*

**ИНТЕРВЕНЦИЯЛЫҚ** сын. ***Басқыншылықты*** *(интервенцияға тән, интервенцияға лайық).*

**ИНТЕРВОКАЛ** [лат. inter – аралық, vocalis – дауысты дыбыс] сын. лингв. ***Дауысты аралық*** *(тіл дыбысы).*

**Интервокал позиция** лингв. *Дыбыстың екі дауысты дыбыс ортасындағы позициясы.*

**ИНТЕРВЬЮ** [ағыл. interview] зат. көсем сөз. **1.** ***Сұхбат*** *(баспасөз беттерінде жариялау мақсатымен тілші тарапынан алынған әңгіме).* **2.** *Ақпарат жинаудың сауалнамалық түрі.*

**Интервью алу**. кіт. ***Сұхбат алу*** *(сауалнама әдісі арқылы ақпарат жинау).* **Интервью әдісі**. психол. ***Сұхбат әдісі*** *(әлеуметтік психологияда сауалнама арқылы зерттеу әдістерінің бірі).* **Интервью беруші**. кіт. ***Сұхбат беруші*** *(сауалнама әдісі арқылы ақпарат жинаудың нысаны ретіндегі қатысушысы).*

**ИНТЕРЖЕЛІ** зат. инф. <ағыл. internet work> *Өзара көпір немесе бағдарлауыш арқылы қосылған бірнеше аймақтық қашықтағы жергілікті есептеу желілері.*

**ИНТЕРИОРИЗАЦИЯ** [лат. interior] зат. психол. *Сыртқы әлеуметтік қызметтің игерілуі арқасында адам психикасының ішкі құрылымдарының қалыптасуы.*

**ИНТЕРКИНЕЗ** [лат. interkinesis] зат. биол. *Мейоздың бірінші және екінші бөлінулері арасындағы кезең.*

**ИНТЕРКИНЕТИКАЛЫҚ** сын. биол. *Жасушаның митоз жолымен бөліну алдындағы кезеңіне қатысты, соған тән.*

**Интеркинетикалық фаза.** биол. *Жасуша ядросы – хромосомалардың күрделі өзгеруі болатын жасушаның бөліну кезеңінің бірі.*

**ИНТЕРЛИНГВИСТИКА** [лат. inter – аралық, linguistique – тіл ғылымы] зат. терм. *Халықаралық қарым-қатынас үшін жасанды тілдер, сондай-ақ математикалық және ақпараттық-логикалық тілдер құрумен айналысатын лингвистикалық пән.*

**ИНТЕРЛИЦЦО** зат. муз. *Еркін формалы шағын музыкалық шығарма, операдағы дербес оркестрлік эпизод.*

**ИНТЕРЛЮДИЯ** [лат. interludus] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығарманың бөліктері арасындағы шағын пьеса немесе музыкалық үзінді.* **2.** әдеб. *Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын драматургиясының фарсқа жақын жеке драмалық шығарма жанры.*

**ИНТЕРМӘДЕНИЕТТІК** зат. саяси. *Бір әлеуметтік топ немесе таптың ішіндегі әртүрлі этнос пен нәсіл өкілдері мүдделерінің қайшы келуі жағдайында туындайтын «мәдени айырмашылыққа» қарама-қарсы «мәдени әртектілік» басымдығы идеясына сүйенген басқа этнос, нәсіл немесе мәдениет өкілдерінің өзгелерді тең құқықты әрі айрықша қайталанбастай қарауымен ерекшеленетін.*

**ИНТЕРМӘДЕНИЕТТІЛІК** зат. саяси. *Бір әлеуметтік топ немесе таптың ішіндегі әртүрлі этнос пен нәсіл өкілдері мүдделерінің қайшы келуі жағдайында туындайтын «мәдени айырмашылыққа» қарама-қарсы «мәдени әртектілік» басымдығы идеясына сүйенген басқа этнос, нәсіл немесе мәдениет өкілдерінің өзгелерді тең құқықты әрі айрықша қайталанбастай қарауымен ерекшеленетін мемлекеттік саясат түрі.*

**ИНТЕРМӘТІН** зат. лингв. *Бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндерінің кірігуі.*

**ИНТЕРМӘТІНДІК** сын. лингв. *Интермәтінге тән.*

**ИНТЕРМЕДИЯ** [лат. intermedius] зат. әдеб. **1.** *Сахнада, драмалық шығарманың көрінісі арасында ойналатын комедиялық пьеса.* **2.** *Операда әртістер арасында ойналатын шағын музыкалық пьеса.* **3.** муз. ***Интерлюдия***.

**ИНТЕРМЕТАЛДЫҚ** сын. хим. *Интерметаллидке қатысты, соған тән.*

**ИНТЕРМЕТАЛЛИД** [лат. inter – аралық, metallum – шахта] зат. хим. *Металдың екі немесе бірнеше металмен химиялық қосылысы, мыс., $CuAl_2$, $MgZn_2$, $Cu_{31}Zn_8$, $Al_2CuMg$.*

**ИНТЕРМЕЦЦО** [итал. intermezzo] зат. муз. *Музыкалық аспапқа арналған шағын лирикалық пьеса.*

**ИНТЕРН** [лат. internus] зат. мед. *Интернатурадан өтетін дәрігер.*

**ИНТЕРНАТ** [лат. internus] зат. **1.** *Мектеп жанынан құрылған, оқушыларға арналған жатақхана.* **2.** *Оқушылар білім алып, жатақханасында тұрып оқитын орта мектеп.* **3.** *Мүгедектер немесе қарттар үйі.*

**ИНТЕРНАТТЫҚ** сын. *Интернатқа тән, интернатқа қатысты.*

**Интернаттық ұйымдар**. пед. *Белгілі бір санаттағы азаматтарға жатынорын беріле отырып, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары.*

**ИНТЕРНАТУРА** [лат. internus] зат. мед. *Білімдерін тереңдетіп, мамандығын жетілдіру мақсатындағы жас дәрігерлердің емханалар мен ауруханалар жанында тәжірибе жинақтау формасы.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛ** [франц. internationale] зат. совет. **1.** *Халықаралық саяси бірлестік, саяси партиялардың және қозғалыстардың одағы.* **2.** тар. совет. *Халықаралық пролетариат әнұраны.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ** сын. совет. ***Көпұлтты*** *(әртүрлі халқы бар).*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ** сын. совет. **1.** ***Көпұлттық.*** **2.** *Достық, туыстық, бауырмалдық.*

**Интернационалдық лексика**. лингв. совет. *Халықаралық лексика (мәдени қарым-қатынастың негізінде қазіргі еуропа тілдерінде жалпылау қолданылатын сөздер).* **Интернационалдық тәрбие**. совет. пед. *Кеңестік жүйе тұсындағы совет жастарының халықтар достығы және басқа ұлттар еңбекшілеріне деген құрмет сезімін қалыптастыратын коммунистік тәрбиенің басты салаларының бірі ретіндегі кеңестік идеологияның құралы.* **Интернационалдық құн.** экон. ***Халықаралық құн***.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ** ор. зат. тар. *Жаһандану процесіндегі халықаралық өзара байланыс пен шаруашылық, экономикалық және сауда байланыстардың, қатынастардың үдей түсуін айқындайтын индустриализм дәуірінің өнімі.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ** [лат. internationis, inter – аралық, natio – ұлт] **1.** зат. тар. совет. *Марксизм-ленинизм теориясы мен практикасына негізделген еңбекшілердің ұлтаралық және халықаралық бірлестігінің идеологиясы мен саясаты, коммунизм идеологиясының негізгі принциптерінің бірі.* **2.** саяси. *Елдер мен ұлттар арасындағы ынтымақтастық идеяларын дамытушы саяси және идеологиялық принцип.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМДЕР** зат. совет. лингв. ***Халықаралық лексика.***

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ** зат. совет. тар. *Интернационализмді қуаттаушы, жақтаушы.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТІК** сын. совет. тар. *Интернационалиске тән.*

**ИНТЕРНАЦИОНАЛШЫ** сын. сөйл. ***Интернационалист***.

**ИНТЕРНЕТ** [ағыл. internet, inter – аралық, net – желі] зат. инф. *Компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығы; бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио, жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабы.*

**Интернетке шығу**. инф. *Компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығына қосылу.* **Интернет жүйесі.** инф. *Бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио, жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабының жүйесі.* **Интернет желісінің адресі**. инф. <ағыл. internet address> *Интернетке тіркелгенде әрбір компьютерге берілетін адрес.* **Интернет желісінің үйлестіру кеңесі.** инф. <ағыл. internet activities board> *Интернет желісінің техникалық саясатын анықтайтын ұйым.* **Интернет желісінің хаттамасы.** инф. <ағыл. internet protocol> *Желінің бір жұмыс станасынан келесісіне хабарлар дестесін жеткізуді қамтамасыз ететін негізгі хаттама.* **Интернет торабы.** инф. <ағыл. node internet> *Интернет байланыс арналарымен өзара біріктірілген ірі тораптардың жиынтығы.*

**ИНТЕРНЕТ-АДРЕС** зат. *Ғаламтордағы веб-сайттың, веб-парақшаның адресі.*

**ИНТЕРНЕТ-АУДИТОРИЯ** зат. *Ғаламторға кіретін және оның сервистерін қолданатын пайдаланушылар.*

**ИНТЕРНЕТ-АУКЦИОН** зат. *Ғаламтор арқылы тауарды ашық сатуға мүмкіндік беретін желідегі сайт.*

**ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ** зат. *Ғаламтор арқылы банктегі есепшоттарды басқару.*

**ИНТЕРНЕТ-БАСЫЛЫМ** зат. *Ғаламтор арқылы оқырмандарға қолжетімді кітап, газет, журнал және т.с.с. басылымдар.*

**ИНТЕРНЕТ-БИЗНЕС** зат. *Ғаламтор технологияларын қолданумен, маркетинг, сату, сатып алу сияқты қызметтерді жүргізу, кәсіпкерлік түрі; онлайн-бизнес.*

**ИНТЕРНЕТ-БІЛІМ** = ет. ақп. *Оқытушы мен оқушының арасындағы ғаламтор технологиялары мүмкіндіктерімен жүзеге асырылатын оқу процесі, білім мазмұны.*

**ИНТЕРНЕТ-ГАЗЕТА** зат. ақп. *Оқырмандарға мәтіні қолжетімді, әрдайым жаңарып отыратын газет нөмірлері түрінде әрленген, ғаламтор желісіндегі тақырыптық сайт.*

**ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕН** зат. *Ғаламтордағы сайты арқылы жарнама жасап, тауарларын сататын, саудамен айналысатын ғаламтор-компания.*

**ИНТЕРНЕТ-ЖАРНАМА** зат. *Ғаламтор серверлері мен сайттарында орналасқан жарнама.*

**ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛ** зат. *Журнал нөмірлері түрінде әзірленген, оқырмандарға ғаламтор желісі арқылы қолжетімді болатын тақырыптық сайт.*

**ИНТЕРНЕТ-КАРТА** зат. *Ғаламтор қызметін белгіленген уақыт ішінде пайдалануға арналған құпия коды бар арнайы пластикалық немесе қағаз карточкасы.*

**ИНТЕРНЕТ-КАФЕ** зат. *Ғаламторға шығуды қамтамасыз ететін қоғамдық орын.*

**ИНТЕРНЕТ-КІТАПХАНА** зат. *Ғаламтор серверлерінде орналасқан мәтіндер жиынтығы.*

**ИНТЕРНЕТ-КОМПАНИЯ** зат. *Ғаламторда бизнеспен айналысатын компания.*

**ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ** зат. *Қатысушылардың сұрақ-жауаптары ғаламтор арқылы берілетін ақпарат алмасу.*

**ИНТЕРНЕТ-ҚЫЗМЕТ** зат. *Ұйымның, мекеменің, қолданушының ғаламтор мүмкіндіктерін пайдаланып қызметтерін ұсынуы.*

**ИНТЕРНЕТ-ОРТАЛЫҚ** зат. *Ғаламтор қызметі мен ғаламтор бойынша көмекшінің көмегін ақылы түрде көрсететін компьютерлік клуб.*

**ИНТЕРНЕТ-ПАРАҚ** зат. жаңа. ***Веб-парақша.***

**ИНТЕРНЕТ-ПЕЙДЖЕР** зат. ақп. *Ғаламтор желісін қолданушылардың бір-бірімен жылдам хат алмасуын қамтамасыз ететін арнайы бағдарлама.*

**ИНТЕРНЕТ-ПЕЙДЖИНГ** зат. ақп. *Интернет-пейджер көмегімен ақпарат алу.*

**ИНТЕРНЕТ-САЙТ** зат. *Ғаламтор желісіндегі жеке сайт.*

**ИНТЕРНЕТ-САТЫЛЫМ** зат. сауда. *Ғаламтор арқылы сату, сатып алу.*

**ИНТЕРНЕТ-СЕРВИС** зат. ақп. *Ғаламторда жұмыс істейтін қолданушыға көрсетілетін қызметтер (электронды пошта, чат, т.б.) түрі.*

**ИНТЕРНЕТ-СЕССИЯ** зат. ақп. *Қолданушының ғаламторда жұмыс істеген сеансы.*

**ИНТЕРНЕТ-СЕРФЕР** зат. *Серфингпен айналысатын тұтынушы.*

**ИНТЕРНЕТ-СЫНЫП** зат. *Локалдық желіге біріктіріліп, ғаламторға қосылған компьютерлермен жабдықталған арнайы оқу бөлмесі.*

**ИНТЕРНЕТ-ТЕЛЕФОНИЯ** зат. ақп. *Интернет желісі немесе басқа да IP желісі бойынша дыбыстық сигналды жіберетін байланыс жүйесі (сигнал байланыс каналы бойымен сандық түрде жіберіледі, жіберілер алдында шығынды жою үшін сығылады).*

**ИНТЕРНЕТ-ТЕРМИНАЛ** зат. ақп. *Ғаламторға кіру үшін арнайы жабдықталған терминал.*

**ИНТЕРНЕТ-ТӨЛЕМ** зат. *Ғаламтор арқылы төлемдер жүргізу жүйесі.*

**ИНТЕРНЕТ-ФИРМА** зат. *Ғаламторда бизнеспен айналысатын фирма.*

**ИНТЕРНЕТ-ФОРУМ** зат. **1.** *Ғаламтордағы форум.* **2.** *Ғаламторды дамыту мәселелеріне арналған форум.*

**ИНТЕРНЕТОМАНИЯ** зат. *Қолданушының ғаламторға қатты әуестенуі, компьютерге әуестенудің бір түрі.*

**ИНТЕРНЕТ-ПРОВАЙДЕР** [ағыл. inter – аралық, net – желі, provider – қамтамасыз ету] зат. инф. *Кез келген тұтынушыға интернетке қосылу мүмкіндігін ұйымдастырып беретін компания немесе мекеме.*

**ИНТЕРНЕТ-СЕРВЕР** [ағыл. internet server] зат. инф. *Интернетке қосылып, өзіне Интернет желісі ақпараттық орталығында тіркелген ерекше идентификатор мен домен атауы берілген арнайы компьютер.*

**ИНТЕРНЕТ-ТЕРРОР** [ағыл. inter – аралық, net – желі, terror – үрей] зат. газет и. *Бүкіләлемдік ақпараттық торап арқылы халықтың үрейін тудырып, қорқытып-үркітетін ақпарат тарату амалдардың жиынтығы.*

**ИНТЕРОРЕЦЕПТОРЛАР** [лат. interior – ішкі, receptio – қабылдаушы] зат. физиол. *Ағзаның ет, сіңір, буын жүйелерінде және ішкі мүшелерінде болатын рецепторлар.*

**ИНТЕРОРЕЦЕПТОРЛЫҚ** сын. биол. *Интерорецепторларға қатысты.*

**ИНТЕРПЕЛЛЯЦИЯ** [лат. interpellatio] зат. саяси. *Үкіметке немесе оның жеке мүшесіне белгілі бір мәселе жөнінде я оның жалпы саяси бағыты туралы түсініктеме беруді талап еткен депутаттардың ерекше сұрауы.*

**ИНТЕРПОЛ** [ағыл. interpol] зат. заң. *Халықаралық қылмыстық істермен күресу мақсатында құрылған халықаралық полиция ұйымы.*

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯ** [лат. interpolatio] зат. **1.** лингв. *Аударманың немесе көшірме жасаушының түпнұсқада жоқ сөздер мен сөйлемдерді мәтінге кіріктіруі.* **2.** матем. *Функцияның аралық мәндерін берілген мәндердің қатары бойынша анықтау амалы (экстраноляцияға қарама-қарсы).*

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯЛАН=** ет. мат. *Функцияның аралық мәндерінің берілген мәндердің қатары бойынша анықталуы.*

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯЛАУ** ет. матем. *Функцияның аралық мәндерін берілген мәндердің қатары бойынша анықтау.*

**ИНТЕРПОЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. матем. *Интерполяцияға қатысты, соған тән.*

**Интерполяциялық формула**. матем. *Интерполяцияның көмегімен у=f (x) функциясының жуық өрнегін алуға мүмкіндік беретін формула.*

**ИНТЕРПРЕТАТОР** [лат. interpretatio] зат. инф. *Компьютерлер үшін жоғары деңгейлі тілдерде жазылған бағдарламалар мәтінін мәшине тіліне жолма-жол аударып, бірден орындауға арналған транслятор тобына жататын түрлендіру бағдарламалары.*

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯ** [лат. interpretatio] зат. **1.** лингв. ***Зерделеу*** *(нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына, тілдік құбылыстарға, т.б. түсініктеме беру).* **2.** инф. *Мәліметтерді, әдетте бағдарламада немесе оның қандай да бір үзіндісінде агрегациялаудың, алгоритмдік мәнін автоматты түрде табу мен талдауды орындау.* **3.** ғыл. ***Зерделеу*** *(қандай да бір теорияның элементтеріне белгілі амал-тәсілмен берілетін мән, мағына жиынтығы).* **4.** матем. *Дұрыс құрылған барлық өрнектері мағынаға ие болатын есептеудің түпкі өрнегіне мән беру процесі.*

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАН=** ет. матем. *Дұрыс құрылған барлық өрнектері мағынаға ие болатын есептеудің түпкі өрнегіне мән берілу.*

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУ** *Интерпретациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ** зат. терм. *Интерпретация әдісін қолдану.*

**ИНТЕРПРЕТОСКОП** [лат. түсіндіремін, грек. skopeo – көремін] зат. тех. *Әуеден суреттерді топографиялық жағынан ажырату үшін қолданылатын аспап.*

**ИНТЕРСЕКС** [лат. inter – аралық, sexus – жыныс] зат. биол. *Бір ағзада бірден екі жыныстың да белгілерінің жеке-жеке байқалуымен қатар екі жыныстық белгілердің аралас кездесуі.*

**ИНТЕРСЕКСТІ** сын. биол. *Интерсекс тән болған.*

**ИНТЕРСУБЪЕКТИВТІК** [inter – аралық, subjectum – тұлға] зат. филос. *Ғылыми заңдар мен қағидалардың жеке адамдарға тәуелсіз жалпыға бірдей мазмұны және маңызы болады деген мағынадағы қазіргі идеалистік таным теорияларында, әсіресе неопозитивизмде, жиі қолданылатын ұғым.*

**ИНТЕРСУБЪЕКТІЛІК** зат. филос. *Таным субъектілері арасындағы арнайы қарым-қатынас, өзара араласу мен білімін өзгемен бөлісудің негізі.*

**ИНТЕРТИП** зат. полигр. *Линотипке ұқсас, тұтас жол құятын әріп теру мәшинесі.*

**ИНТЕРТОРАП** зат. тех. *Көпір, бағдарлауыш және шлюз арқылы байланыстырылған аймақтық жағынан бір-бірінен алшақ жатқан бірнеше оқшау тораптар.*

**ИНТЕРФАЗА** [лат. inter – аралық, грек. phasis – пайда болу] зат. биол. *Жасушаның бірінен кейін бірі тізбектеліп келетін екі митоздық бөлінулері арасындағы тіршілік циклінің кезеңі.*

**ИНТЕРФАЗАЛЫҚ** сын. биол. *Интерфазаға қатысты, интерфазаға тән.*

**ИНТЕРФЕЙС** [ағыл. interface, inter – аралық, face – беті] зат. инф. *Есептеуіш жүйе құрылғылары мен бағдарламалардың, сондай-ақ олар мен адамның өзара әрекетін қамтамасыз ететін тәсілдер мен ережелердің, құралдардың жиынтығы.*

**Интерфейс адаптері.** [ағыл. interface adapter] инф. *Дербес компьютерге қосымша шалғай құрылғыларды тіркеуге арналған адаптер.*

**ИНТЕРФЕЙСТІК** сын. инф. *Интерфейске қатысты, соған тән.*

**Интерфейстік жүйе.** инф. <ағыл. the interface system> *Берілген желі үшін бір немесе бірнеше стандартты емес абоненттік жүйелердің ақпараттық есептеу желісімен немесе басқа ақпараттық есептеу желісімен орайластыруға арналған жүйе.* **Интерфейстік мәшине.** инф. <ағыл. interface computer> *Есептеу желісі тораптарының әрекеттестігін жүзеге асыратын компьютер.* **Интерфейстік модуль** [ағыл. interface module] инф. *Басқа желімен немесе басқа стандарты, хаттамасы немесе қатынас құру әдісі бар абоненттік мәшинемен оның әрекеттестігін жасақтайтын есптеу желісінің логикалық элементі.*

**ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ** [лат. interferens] зат. **1.** физ. *Сәуле, дыбыс, т. б. толқындарының түйіскенде өзара әсер ету құбылысы.* **2.** лингв. *Қостілдік жағдайдағы екі тілдің өзара әрекеттестігі мен өзара әсерлестігі.*

**ИНТЕРФЕРЕНЦИЯЛЫҚ** сын. терм. *Интерференцияға қатысты.*

**Интерференциялық түс.** геол. *Ақ жарықта минералдың шлифттегі түсі.*

**ИНТЕРФЕРОМЕТР** зат. физ. *Жұмыс істеу принципі толқындардың интерференциясына негізделген оптикалық құрал түрі, өлшеуіш аспап.*

**ИНТЕРФЕРОН** зат. мед. *Жасушаларға еніп кетуінен сақтандыру мақсатында вирусты енгізгенде ағзаның бөліп шығаратын белогы; осы негіздегі дәрілік зат.*

**ИНТЕРФИКС** зат. лингв. *Түбір мен жалғаулардың қосылуы қиындаған немесе морфологиялық себептермен мүмкін болмаған жағдайларда олардың арасында «іліккерлік» қызмет атқарушы бірлік.*

**ИНТЕРЬЕР** [франц. interieur] зат. **1.** құр. ***Ішкі көрініс*** *(үйдің немесе жеке бөлменің ішкі кіреберіс кеңістігі).* **2.** өнер. *Кескіндемеде XVII ғасырда голланд және фламанд суретшілері арасында өркен жайған жанр.*

**ИНТИМ...** сын. *Интимдік сөзінің қысқарған түрі, мағынасы «сексуалды қызметтерге» тән күрделі сөздердің сыңары.*

**ИНТИМА** [лат. intimus] зат. вет. *Қан және лимфа тамырларының ішкі қабаты.*

**ИНТИМДІ** сын. сөйл. *Жеке басына, жеке бас сезім-күйлеріне қатысты.*

**ИНТОКСИКАЦИЯ** зат. мед. ***Улану*** *(ағзаның улы заттармен улануы).*

**ИНТОНАЦИЯ** [лат. intonare] зат. **1.** *Сөйлеуші сезімдерінің сөйлеу нысанына қатысын, жан дүниесінің қалып-күйін көрсететін сөйлеу мәнері, дауыс әуені.* **2.** *Стиль, өзіне тән, машық, мәнер.* **3.** *Ауызша айтылған өлең сөздің ырғақтық әуендік құрылымы, дауыс әуенінің бірде жоғарылап, бірде бәсеңдеп ырғақпен құрылуы.* **4.** лингв. *Сөз ағымының мағыналық-құрылымдық тұтастықтағы бөліктерінің арақатынасын ерекшелеп, олардың мазмұны, мағынасы, олардағы ақпаратқа деген сөйлеушінің көзқарасын, сөйлеушінің эмоциясын білдіріп отыратын әуен, әуез, қарқын, дауыс қаттылығы, кідіріс сияқты просодикалық бірліктердің әртүрлі қатынастағы жиынтығы.* **5.** муз. *Орындау дәлдігі, әндетіліп айтылатын немесе ойналған дыбыстың тазалығы.*

**ИНТОНАЦИЯЛЫҚ** сын. **1.** әдеб. *Өлеңдегі дауыс ырғағына қатысты.* **2.** лингв. *Тілдік, просодикалық құбылыс ретіндегі интонацияға тән, соған қатысты.*

**ИНТОНОГРАФ** зат. физ. *Сөздің әуезін, әуенін зерттеу үшін пайдаланылатын адамның сөйлемдегі дауыс толқындарын жазатын акустикалық құрал.*

**ИНТОНОЛОГИЯ** зат. лингв. *Интонацияның мағына ажыратқыш инвариант бірліктері. Интонемаларды зерттейтін, тілдік қызметін қарастыратын фонетика саласы.*

**ИНТОНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Интонологияға қатысты.*

**ИНТРА...** *Латын тілінен аударғанда «ішінде» деген ұғымды білдіретін сөз алдына жалғанатын қосымша.*

**ИНТРАБЕЛДЕМДІК**: **интрабелдемдік ландшафтар**. геогр. *Өз алдына географиялық аймақтар құрамайтын, кейбір аймақтарда ғана дақтар түрінде ұшырасатын табиғи аумақтық кешендер.*

**ИНТРАЖЕЛІ** зат. инф. <ағыл. intranetwork> *Бір немесе қатар орналасқан*

*бірнеше ғимараттағы жергілікті желілердің біріктірілген түрі.*

**ИНТРАЙОД** зат. хим. *Дәрі-дәрмек жасауда қолданылатын йод қоспасы.*

**ИНТРАНАЗАЛДЫ** [лат. intra – ішкі, nasus – мұрын] үст. мед. *Мұрын ішімен.*

**ИНТРАПСИХИКАЛЫҚ** [лат. intra – ішкі, psychikos – жанға қатысты] сын. психол. **1.** *Санада пайда болған не болып жатқан деп саналатын нәрсеге қатысты.* **2.** *Ішкі, жасырын түрткіжайттардың арасындағы өзара әрекеттердің сипаттамасы.*

**ИНТРИГА** [франц. intrige] зат. кіт. **1.** *Өз мақсатына әккі айла, арам оймен және ниетін жасырумен жету әрекеті.* **2.** әдеб. *Өз мақсатына әккі айламен, арам оймен және ниетін жасырумен жететін кейіпкерлер әрекеттерінің шиеленісуі.*

**ИНТРИГАНДЫҚ** сын. *Арам ойлылық, қастық, пәлеқорлық.*

**ИНТРО...** *«Іштегі қозғалыс» немесе «ішкі бағытталған қозғалыс» дегенді білдіретін сөз алдына жалғанатын қосымша.*

**ИНТРОВЕРСИЯ** [лат. intro – ішке, ішіне, vertere – өзгеріс] зат. психол. *Тұлға теориясында әлеуметтік қарым-қатынастан қашып, өз ойымен өзі болуға ұмтылушылық.*

**ИНТРОВЕРТ** [лат. introvertere] зат. психол. *Психологиялық табиғатына қарай өз ішкі әлеміне бағытталған, сырт әлемді бақылаумен ғана шектеліп, ішкі дүниесіне үңілген, тұйық мінезді адам.*

**ИНТРОВЕРТИВТІ** сын. психол. *К.Г.Юнгтің психологиясында өзімен-өзі тұйықталған жанның сипаттамасы.*

**ИНТРОГРЕССИЯ** зат. биол. *Белгілі бір түрге тән гендердің басқа түрдің генофондына енуі.*

**ИНТРОДУКЦИЯ** [лат. introductio] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығарманың негізгі бөлігінің алдындағы шағын кіріспе.* **2.** биол. *Тіршілік иелерінің қайсыбір түрі дарақтарын таралу аймағынан шетке әдейі немесе кездейсоқ көшіру.*

**ИНТРОДУЦЕНТ** зат. биол. *Өзінің өніп өскен мекен орнынан басқа тіршілік ортасына ауыстырылған жерсіндірілген өсімдік немесе жануарлар түрлері.*

**ИНТРОЕКЦИЯ** [лат. intro – ішке, jacio – енгізу, сіңіру] зат. филос. *Жандандыру, сезім беру, индивидтің санасына ерекше рухани бейнені, идеалдылықты «күштеп енгізу».* **2.** психол. *Индивидтің басқа адамдардың көзқарасын, мақсат-мүддесін қабылдап, өзінің ішкі дүниесіне сіңіру.*

**ИНТРОПУНИТИВТІЛІК** зат. психол. *Фрустрацияға келу, ашу-ызаны, кінәны өзіне аударып, эмоцияны іштей өзіне жинау.*

**ИНТРОСКОПИЯ** [лат. intro – ішінде, грек. skopeo] зат. физ. *Оптикалық мөлдір емес денелер мен ортадағы, сондай-ақ нашар көрінетін жағдайда объектілер, құбылыстар мен процестерді көру арқылы бақылау.*

**ИНТРОСПЕКТИВТІ** сын. психол. *Интроспекцияға қатысты, соған тән.*

**Интроспективті психология.** [лат. introspecto] психол. *Психиканы зерттеудің бірден-бір әдісі субъектінің өзінің санасының, мазмұны мен актілерін бақылауы деп есептейтін психологиядағы бірқатар бағыттар.*

**ИНТРОСПЕКЦИЯ** [лат. introspectare] зат. **1.** психол. *Адамның өзінің санасының психикалық мазмұнын, ішкі әлемін зерттеуі.* **2.** филос. *Өз психикасын басқаратын заңдылықтарды ашу барысындағы бақылау.*

**ИНТРУЗИВ** [лат. intrusus] зат. геол. *Магманың жер қыртысы қойнауларында біртебірте суынып кристалдануынан қалыптасқан геологиялық дене.*

**ИНТРУЗИЯ** [лат. intrusio] зат. **1.** геол. *Балқыған магманың жер қыртысы қат-қабатына ену процесі.* **2.** хим. *Қалың қабатты полимерлі бұйымдарды қысыммен құю әдісі.*

**ИНТРУЗИЯЛЫҚ** сын. геол. *Интрузияға қатысты, соған тән.*

**Интрузиялық таужыныс.** геол. *Магманың жер қыртысы қойнауларында кристалдануы нәтижесінде қалыптасқан толық кристалды магмалық таужыныс.* **Интрузиялық кешен.** геол. *Бір ғана магма ошағы есебінен қалыптасқан түрлі құрамды (ультранегізді таужыныстардан бастап қышқыл таужыныстарға дейін) интрузиялық (немесе эффузиялық) таужыныстардың толық жиынтығы.* **Интрузиялық шоғыр.** геол. *Көлбеу бағытта көлбей көсілген яки онша деформацияланбаған таужыныс қабаттарының аралығына сыналай еніп, жалпақ қойнауқабаттар құрайтын интрузиялық дене.*

**ИНТРУЗИЯЛЫҚ-АНАТЕКСИСТІК: интрузиялық-анатексистік гранитоидтер.** геол. *Палингендік-метасоматиттік, кейде анатексистік не паингендік гранит түзілім процесі орнынан басқа жаққа ауысқан балқыманың кристалдану нәтижесінде қалыптасқан гранитоидтер.*

**ИНТУБАЦИЯ** [лат.in – ішінде, tuba – түтік] зат. мед. *Көмей тарылып, тұншығу қаупі төнгенде тыныс алуды жақсарту үшін ауыздан көмейге арнайы түтік енгізу.*

**ИНТУИТИВИЗМ** зат. филос. **1.** *Рационалдық танымға интуицияға негізделген шындыққа тікелей «жетуді» қарсы қоятын XIX ғасырдағы философияда көп тараған идеалистік ағым.* **2.** *Қазіргі формализмнің негізі қаланған XX ғасырдағы шетелдік этика ағымдарының бірі.*

**ИНТУИТИВИСТЕР** зат. филос. *Интуитивизм философиялық ағымының өкілдері.*

**ИНТУИТИВТІ** сын. *Көкіреккөз арқылы.*

**ИНТУИЦИОНИЗМ** [лат. intueri] зат. филос. *Интуицияны танудың сенімді және басты көзі ретінде қаралатын ілім.*

**ИНТУИЦИОНИСТЕР** зат. матем. *Интуиционистік логикамен шұғылданушылар.*

**ИНТУИЦИОНИСТІК**: **интуиционистік логика**. матем. *Математикалық логиканың интуиционистік математика принциптеріне негізделген тарауы.*

**ИНТУИЦИЯ** [лат. intuitio] зат. **1.** ***Көкіреккөз*** *(дұрыс әрекет жолы мен дұрыс түсінікті көрсететін санасыз, өздігінен болған сезім).* **2.** филос. ***Көкіреккөз*** *(ақиқатты еш дәлелдеулердің негіздемесінсіз бірден анықтау).*

**ИНУЛИН** [лат. inula] зат. хим. *Полисахаридттерге жататын органикалық зат, фруктозаның ангидриді.*

**ИНФАНТИЛ** [лат. infantilis] зат. психол. *Дене бітімі мен ақыл-ой тұрғысынан қалыпты немесе жедел дамығанның өзінде эмоциялық-еріктік саласының жетілмеуімен ерекшеленетін, бойына инфантилизм тән адам.*

**ИНФАНТИЛИЗМ** [лат. infantilis] зат. **1.** физиол. *Көбінесе балаларға тән дене бітімі сақталып, ағза дамуының тоқтап қалуы.* **2.** психол. *Адамның мінез-құлқында және психикасында бөбектік жасқа тән ерекшеліктердің сақталуы.* **3.** вет. *Мал денесінің не оның мүшелері мен мүше жүйелерінің шала, әдеттегіден кем (кіші) болып қалыптасуы.*

**ИНФАРКТ** [лат. infarctus] зат. мед. **1.** *Қабынып немесе бекітіліп қалған қызылтамырлардағы қан ағымының тоқтап қалуы салдарынан болған ағзаның өлі тіндерінің ошағы.* **2.** сөйл. ***Миокард инфаркті,*** *(соның салдарынан пайда болған ауру).*

**Инфаркт берді**. оказ. *Жүрегін ауыртты, жүйкесін тоздырды.*

**ИНФАУНА** [лат. in – ішінде, Fauna – орман құдай-анасы] зат. биол. *Теңіздердің, өзендер мен көлдердің түптік шөгінділерінде тіршілік ететін су жануарлары түрлерінің жиынтығы, бентостың құрамдас бөлігі.*

**ИНФЕКЦИЯ** [лат. inficere] зат. мед. *Жұқпалы ауру туғызатын қоздырғыш, микроб.*

**Инфекция көзі**. мед. *Жұқпалы ауру таратушы.*

**ИНФЕКЦИЯЛЫ** сын. мед. ***Жұқпалы***.

**ИНФЕКЦИЯЛЫҚ** сын. мед. *Жұқпалы; инфекциядан болған.*

**Инфекциялық анемия**. <лат. anaemia infectiosa> вет. *Көбінесе жылқы, есек, қашыр, түйе ауыратын қоздырғышы сүзілгіш вирус, өте жұқпалы ауру.*

**ИНФИКС** [лат. infixus] зат. лингв. *Сөзжасамда немесе сөзтүрленімде сөздің түбірінің ішіне қыстырылатын қосымша (аффикс).*

**ИНФИКСТІК: инфикстік операция** [ағыл. infix operation] инф. *Инфикстік жазбадағы екіорынды операция.*

**ИНФИЛЬТРАТ** [лат. infiltratio] зат. мед. *Қабынудың салдарынан ағза тіндерінде қан мен сарысу аралас жасушалық элементтерінің жинақталуы.*

**ИНФИЛЬТРАЦИЯ** [лат. in – ішінде, filtratio – сүзу] зат. **1.** мед. *Ағза тіндерінің қабыну өнімдерін, іскен жасушаларын бойына сіңіріп алуы.* **2.** сушар. *Судың жер бетінен топырақ пен түпнегіз таужыныстарға сіңуі.*

**ИНФИЛЬТРАЦИЯЛЫҚ** сын. сушар. *Инфильтрацияға қатысты, соған тән.*

**Инфильтрациялық сутартқы.** сушар. *Өзен, көл немесе басқа да суқойма жағасына жақын орналасқан сутартқы.*

**ИНФИНИТИВ** [лат. infinitivus] зат. лингв. *Етістіктің бастапқы формасы, тұйық рай.*

**ИНФЛЮАЦИЯ** [лат. influere] зат. сушар. *Жер бетіндегі сулардың жер қыртысының қат-қабатына ірі ашық жарықшақтар мен шұңқырлар арқылы ағып кіруі, құйылуы.*

**ИНФЛЮАЦИЯЛЫҚ** сын. сушар. *Инфлюация тән болған.*

**ИНФЛЮЕНТТЕР** [лат. influo] зат. зоол. *Басқа жануарларды тіршілік ету ортасынан ығыстырып шығаратын немесе олардың популяциясына елеулі өзгерістер әкелетін жануарлар.*

**ИНФЛЯЦИЯ** [лат. inflatio] зат. экон. ***Құнсыздану*** *(қағаз ақшаның шамадан тыс көп шығарылуы және т.б. жайттар салдарынан бағасыздануы, құны түсуі, кемуі).*

**Инфляцияға қарсы саясат**. саяси. *Ақшаның құнсыздануының салдарынан болатын дағдарыс, зардаптардың алдын алуға бағытталған мемлекет саясаты.* **Инфляцияны [инфляциялық] таргеттеу.** экон. < лат. inflatio – ісіну, ағыл. target – мақсат> *Шаруашылық жүргізуші субъектінің коммерциялық саясатында қойылған мақсатына жетуге септігін тигізетін қандай да бір экономикалық нысананы, яғни ақша инфляциясын таңдап, оған әсер ету.*

**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Ақшаның құнсыздануына қатысты, соған тән.*

**ИНФОРМАНТ** зат. терм. *Зерттеушінің сұрақтарына берілген жауаптары арқылы белгілі бір ақпаратты жеткізуші.*

**ИНФОРМАСОМАЛАР** зат. биол. *Эукариоттық жасушада ақпараттық рубиннуклейн қышқылы мен ақуыздан тұратын бөлшектер.*

**ИНФОРМАТИКА** [лат. informatio] зат. инф. **1.** *Ақпараттың барлық түрлерін қалыптастыру; түрлендіру; сақтау; тарату және пайдалану үдерістерін зерделеумен; есептеу техникасының осы заманғы құралдарын; байланыс құралдарын; жазуды таратудың техникалық құралдарын жасау, енгізу, пайдалану проблемаларын шешумен айналысатын ғылым саласы.* **2.** терм. *Қоғамдағы, табиғаттағы және техникалық құрылғылардағы ақпараттардың барлық түрлерін шығаруға, өңдеуге, сақтауға және таратуға қатысты болатын білімдер жүйесі.* **3.** пед. *Математиканың, физиканың*

*және компьютерлер, басқару жүйелерінің автоматтары мен құлтеміртер жасау үшін қажет кибернетиканың сәйкес бөлімдері біріктірілген ғылыми пән.*

**ИНФОРМАТИКАЛЫҚ** сын. инф. *Информатикаға қатысты, соған тән.*

**ИНФОРМАТОР** [лат. informator] зат. *Белгілі бір нәрсе жайында ақпар, мәлімдеме, хабар беріп отыратын адам.*

**ИНФОРМАЦИЯ** [лат. informatio] зат. ***Ақпарат.* 1.** *Бір нәрсе жайында хабар, мағлұмат, ақпар.* **2.** *Адамның немесе арнайы құрылғылардың жинақталған, қоршаған орта мен онда өтіп жатқан процестер туралы мәліметтері; кибернетиканың негізгі ұғымдарының бірі.*

**Информация теориясы.** *Ақпарат теориясы (ақпаратты өлшеу мен жеткізудің тәсілдерін зерттейтін кибернетика ғылымының бір бөлімі).* **Информация агенттігі.** ***Ақпарат агенттігі.***

**ИНФОРМАЦИЯЛАУ** ет. ***Хабарлау.***

**ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ** сын. **1.** ***Ақпараттық*** *(хабарлаушы, хабар таратушы).* **2.** инф. ***Ақпараттық*** *(мәліметтер, деректер жиынтығына қатысты).*

**Информациялық қоғам.** қоғ.-саяси. ***Ақпараттық қоғам*** *(қызмет көрсету, ғылым, білім салалары жеткілікті рөл атқаратын, ал әрекеттің негізгі объектісі ақпарат (информация) алмасу болатын қоғам дамуының жаңа кезеңі туралы концепция).* **Информациялық лингвистика.** ***Ақпараттық лингвистика.*** **Информациялық мәшине.** тех. ***Ақпараттық мәшине*** *(ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу процестерін механикаландыруға және автоматтандыруға арналған есептеуіш мәшине).* **Информациялық тілдер.** лингв. *Ақпараттық-ізденістік бағдарламалау тілдері т.б. интеллектуалды жүйеде ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын жасанды тілдердің бір түрі.* **Информациялық тілдің сөздігі.** инф. <ағыл. the dictionary of information language> *Мәтіннің негізгі мағынасына тәуелсіз табиғи немесе ақпараттық тілдің сөздерінің арасында бар болатын семантикалық қатынастары көрсетілген ақпараттық тілдің лексикалық бірліктері бар нормативтік сөздік.*

**ИНФОРМБЮРО** зат. ***Ақпараттық бюро*** *(хабар, мағлұмат беру бюросы).*

**ИНФРА...** *Мағынасы «астында, төмен, жанында» дегенге тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ИНФРАДЫБЫС** зат. физ. *Адам құлағы қабылдамайтын төмен жиіліктегі дыбыс толқындары.*

**ИНФРАДЫБЫСТЫҚ** сын. физ. *Инфрадыбысқа тән, соған қатысты.*

**Инфрадыбыстық қару.** әск. *Адамның жүйкесін тоздыру, іш құрылысын зияндау, көздің жанарын жою мақсатында қуатты инфрадыбыстық толқындар арқылы әсер ететін қару.*

**ИНФРАКЦИЯ** [ағыл. infraction] зат. заң. *Шартта, келісімде жазылған жағдайды екі жақтың бірінің бұзуы.*

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ** зат. қоғ.-экон. <лат. infra – төмен, астында, structura – құрылым> *Қоғамның немесе қандай да бір қоғамның сала әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін өнеркәсіптер, мекемелер; басқару мен байланыс жүйелерінің жиынтығы.*

**ИНФРАҚЫЗЫЛ: инфрақызыл жарғыш.** әск. *Іске қосылу принципі нысанға инфрақызыл сәулеленуін қолдануға негізделген түйіспесіз жарғыш.*

**Инфрақызыл пирометр.** тех. *Инфрақызыл сәуле толқындарының ұзындығы мен температурасын өлшейтін аспап.* **Инфрақызыл сәуле.** физ. *Көзге көрінетін жарықтың қызыл жиегі мен қысқа толқынды радио жарық шығару арасындағы электрмагниттік толқын.* **Инфрақызыл сәуле көздері.** әск. *Табиғатта бар және абсолютті нөлден жоғары температурадағы барлық денелер.* **Инфрақызыл сәулелерді қабылдағыш.** әск. *Сәулелі энергияны қабылдауға және оны электр тоғының энергиясын айналдыруға арналған құрал.* **Инфрақызыл сәулелік қыздыру.** физ. *Материалды толқын ұзындығы 1,3-4 мкм аралығындағы электромагниттік сәулемен қыздыру.* **Инфрақызыл сәулелендіргіш.** тех. *Инфрақызыл сәуле шығарғыш.* **Инфрақызыл сәуле техникасы.** тех. *Инфрақызыл сәулені пайдалануға негізделген техника саласы.* **Инфрақызыл техника.** әск. тех. *Көзге көрінбейтін инфрақызыл сәулелерді пайдалануға негізделген түрлі мақсаттағы құралдар.* **Инфрақызыл фотография.** тех. *Инфрақызыл сәуле көмегімен арнаулы фотографиялық материалға бейне түсіру.*

**ИНФРАМИКРОБИОЛОГИЯ** зат. терм. *Вирустарды зерттейтін ғылым.*

**ИНФУЗОРИЯ** [лат. infusus] зат. зоол. *Тұщы және ащы суларда мекендейтін біраз ғалы жоғары құрылымды қарапайым жануар.*

**ИНХЛАП** зат. көне. ***Төңкеріс.***

**ИНЦЕСТ** [лат. incestum] зат. ахлақ. *Жақын туыстар арасындағы жыныстық қатынас, қан араластыру.*

**ИНЦИДЕНТ** [лат. incidens] зат. кіт. *Әдетте түсініспеушіліктен туатын жағымсыз сипаттағы оқиға, жағдай, қақтығыс.*

**ИНЦУХТ** [нем. Inzucht] зат. биол. *Жақын туыс дарақтардың жұптасуы.*

**ИНШАЛЛА** [ар. إن شاء الله] од. діни. *«Құдай қаласа, Алла бұйыртса» деген мағынадағы діндар адамның қандай да бір іске болжал айтқанда Аллаға ғибадат етуін білдіретін сөзқолданыс.*

**Иншалла қылды.** сөйл. *Алла қалады, айтқаны орындалды.*

**ИНІШ** зат. *Көйлек, жейденің жауырынға тиетін жерінің ішінен тігілген астар.*

**ИНЪЕКЦИЯ** [лат. injectio] зат. мед. ***Егу*** *(дәрілік сұйықтықты терінің астына, бұлшық етке, көктамырға енгізу; бүрку).*

**ИНЪЕКЦИЯЛЫҚ** сын. мед. *Инъекцияға қатысты, инъекцияға тән.*

**ИОЛА** [голл. jol] зат. балықшар. *Солтүстікте балық аулағанда мінетін сүйіртұмсықты, қабырғасы биік ескекті кеме.*

**ИОМЕНДЕР** [грек. ieonmen] зат. тар. *Англиядағы ауқатты шаруалар және орта шаруалардың бір бөлігі.*

**ИОН** [грек. ion] зат. хим. *Бойында электр зарядтары бар атомдар немесе молекулалар; зарядталған электр бөлшектері.*

**Ион алмасу.** хим. *Суды тұзсыздандыруда, гидрометаллургияда, хроматографияда пайдаланылатын қайтымды химиялық реакция, ерітінділерден бағалы, иондары заттарды бөліп алу әдісі.* **Ион радиусы.** хим. *Ион мөлшерін сипаттайтын және иондық қосылыстардағы атомдардың ара алшақтығын есептеуге арналған шама.* **Ион тасымалы.** биохим. *Өсімдіктердің минералды заттармен қоректену негізі.* **Ион тасымалдық сан.** хим. *Электролит арқылы иондар тасымалданатын ток үлесі.*

**ИОНАЛМАСТЫРҒЫШ: ионалмастырғыш шайырлар.** хим. *Жасанды жолмен алынған, құрамында негіздік не қышқылдық топтары бар үлкен молекулалы қосылыстар.*

**ИОНДА=** ет. хим. *Белгілі бір затта ионның пайда болуы, иондалу.*

**ИОНДАҒЫШТЫҚ: иондағыштық әлеует.** физ. *Иондану әлеуеті мөлшерінің ион радиусы мөлшеріне қатынасымен өлшенетін ион төңірегіндегі өріс күші.*

**ИОНДАЛ =** ет. хим. *Атомдар немесе молекулалардың электр зарядталуы, зарядталған электр бөлшектерінің пайда болуы.*

**ИОНДАЛУ** *Иондал етістігінің қимыл атауы, бейтарап атомдар мен молекулалардан оң және теріс иондар мен бос электрондардың пайда болуы.*

**Иондалу әлеуеті.** физ. *Негізгі күйде тұрған атомның бір рет иондалуына қажетті энергияның ең кіші мәнінің электрон зарядына қатынасымен анықталатын физикалық шама.* **Иондалу камерасы.** тех. *Иондалушы сәулелерді тіркеуге және оларды зерттеуге арналған аспап.* **Иондалу потенциалы.** физ. ***Иондалу әлеуеті*** *(негізгі күйде тұрған атомның бір рет иондалуына қажетті энергияның ең кіші мәнінің электрон зарядына қатынасымен анықталатын физикалық шама).*

**ИОНДАЛУШЫ** зат. хим. *Реакцияға түсіп, ион пайда болған (зат).*

**ИОНДАН =** ет. хим. *Атомдар немесе молекулалардың электр зарядталуы, зарядталған электр бөлшектерінің пайда болуы.*

**Иондану энергиясы.** хим. *Электронын үзіп шығарып, атомды ионға айналдыруға жұмсалатын энергия.*

**ИОНДАНДЫР=** ет. хим. *Бейтарап атомдар мен молекулалардан оң және теріс иондармен бос электрондарды пайда болғызу.*

**ИОНДАНДЫРУ** *Иондандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ИОНДАНУ** *Иондан етістігінің қимыл атуы.*

**Иондану потенциалы.** физ. ***Иондалу әлеуеті.***

**ИОНДАР** [грек. ion] зат. хим. *Атомдар не атомдар тобы электрондар қосып алғанда не электрондарын беріп жібергенде түзілетін электр зарядты бөлшектер.*

**Иондардың ассоциациялануы.** хим. *Қарсы зарядты иондардың Кулон заңы бойынша электростатикалық әрекеттесуі арқылы ассоциат деп аталатын бөлшектер түзуі.*

**ИОНДАУ** *Ионда етістігінің қимыл атауы.*

**ИОНДАУЫШ: иондауыш сәуле.** хим. *Электрмагниттік сәулеленудің заттектер арқылы өтуі, олардың атомдары мен молекулаларын иондайтын және қоздыратын бөлшектері мен кванттарының ағыны.*

**ИОНДЫ** сын. хим. *Ионы бар, ионға ұшыраған.*

**Ионды флотациялау.** кен. *Көбікті флотациялауға негізделген флотациялау әдісі.*

**ИОНДЫҚ** сын. хим. *Ионға қатысты, соған тән.*

**Иондық аспап.** тех. *Төменгі қысымдағы газ немесе металл буларында өтетін электр разрядтарына негізделіп жасалған электрвакуумдық аспап.* **Иондық әлеует.** физ. *Ион заряды мөлшерінің ион радиусы мөлшеріне қатынасымен өлшенетін ион төңірегіндегі өріс күші.* **Иондық байланыс.** хим. *Электрваленттік байланыс, гетерополярлы байланыс, қарсы зарядты иондардың электростатикалық тартылуынан болатын химиялық байланыс.* **Иондық потенциал.** физ. ***Иондық әлеует.*** **Иондық реакциялар.** хим. *Электролит ерітінділеріндегі иондар арасында өтетін реакциялар.* **Иондық сорғы.** тех. *Иондалған газ молекулаларын электр өрісі арқылы айдап шығаруға арналған вакуумдық сорғы.* **Иондық тепе-теңдік.** хим. *Иондар арасында болатын алмасу реакцияларының тепе-теңдігі.* **Иондық тор.** геол. *Кристаллографияда: құрам бөліктері бір-бірімен иондық байланыстағы атомдардан тұратын кристалдық тор.* **Иондық эмиссия.** хим. *Қатты немесе сұйық денелердің вакуум ішінде не газ тәрізді ортада ион шығаруы.*

**ИОНДЫ-ПЛАЗМАЛЫҚ: ионды-плазмалық технология.** зат. физ. *Газразрядты төменгі температуралы плазма компоненттерін пайдалану, электронды техникалық материалдар мен бұйымдарды алу және өндірудің жолдары мен тәсілдерінің жиынтығы.*

**ИОНДЫ-СӘУЛЕЛІК: ионды-сәулелік тұндыру.** ет. физ. *Энергиясы төмен иондардың фокустелген шоғы көмегімен төсеніш үстіне металдар, шалаөткізгіштер немесе диэлектриктердің үлдірлерін салу.*

**ИОНДЫҚ-ТҰЗДЫҚ: иондық-тұздық кешен.** геол. *Таужыныстардың ішінде су ерітіндісі және қатты фаза түрінде болатын суда ерігіш тұздар мен адсорбатталған иондардың қосындысы.*

**ИОНИЗАТОР** зат. **1**. физ. *Иондаушы, иондану көзі.* **2**. тех. *Ауаны иондауға арналған арнайы құрылғы.*

**ИОНИЗАЦИЯЛАН=** ет. сөйл. ***Иондалу***.

**ИОНИЗАЦИЯЛЫҚ** сын. сөйл. ***Иондалушы***.

**ИОНИЙ** зат. хим. *Атомдық салмағы 230-ға тең торийдың изотопы.*

**ИОНИЙКАЛЫҚТАР** зат. *Иондар, ежелгі грек тайпаларының бірі.*

**ИОНИК** зат. әдеб. *Антикалық өлең өлшеміндегі бунақ түрі.*

**ИОНИКА** зат. хим. *Бір фазалы жүйелерді әрі тепе-теңдік, әрі тепе-теңсіздік жағдайларында қарастыратын электрохимияның теориялық бөлігі.*

**ИОНИКАЛЫҚ: ионикалық мектеп**. әдеб. *XIX ғ. 30-90-жылдарындағы грек әдебиетіндегі ионикалық аралдар ақындарын біріктірген бағыт.*

**ИОНИТТЕР** зат. хим. *Ион алмастырғыш, суда, органикалық еріткіштерде ерімейтін, ион алмастыруға қабілетті табиғи немесе жасанды қатты заттар.*

**ИОНИТТІ** сын. хим. *Иониттен тұратын.*

**ИОНОГЕНДЕР** зат. хим. *Ион туғызушы заттар.*

**ИОНОМЕРЛЕР** зат. хим. *Олефиндердің органикалық қышқылдармен әрекеттесуі арқылы және қышқылдық топтарды металл иондармен бейтараптаумен алынатын полимерлер, қабықшалар, лактар дайындауда қолданылатын зат.*

**ИОНОНДАР** зат. хим. *Алициклдік қатардың қанықпаған кетондары, парфюмерия өнеркәсібінде қолданылатын хош иісті заттар.*

**ИОНОСФЕРА** [грек. ionsphaira] зат. гогр. *Құрамында иондар мен еркін электрондары көп атмосфераның жоғарғы қабаты.*

**ИОНОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Ағзаға иондарды енгізу арқылы емдеудің түрі.*

**Ионосфераны барлап білу.** тех. *50-80 км-ден 400-500 км-ге дейінгі қабаттағы атмосфераның иондану сипаты туралы деректер алу.*

**ИОНОСФЕРАЛЫҚ** сын. геогр. *Ионосфераға қатысты.*

**ИОНОФОРЛАР** зат. хим. *Биологиялық мембрананың өткізгіштігін белгілі бір иондарға немесе иондар тобына арттыратын қосылыстар.*

**ИОНСЫЗДАНУ** зат. хим. *Иондардың концентрациясының төмендеу процесі .*

**ИПОКРИТ** [грек. hypokrites] зат. көне. *Өзін жақсы етіп көрсететін, екі жүзді адам.*

**ИПОМЕЯ** [лат. ipomoea] зат. өс. *Шырмауық тұқымдасына жататын, ірі гүлдері бар өсімдік.*

**ИПОТЕКА** [грек. hypoteke] зат. экон. **1**. *Орнықты мүлік кепілге алынғанда берілетін несие; осы несиеге берілген орнықты мүлік кепілі.* **2**. *Қарыз алушыға банктің берген орнықты мүліктің кепілі туралы кепілдік-қарыздық куәлік.*

**ИПОТЕКАЛЫҚ** сын. экон. *Ипотекаға қатысты, соған тән.*

**Ипотекалық банк.** экон. *Орнықты мүлікті (жер, үй, құрылыс) кепілдікке алып, ұзақ мерзімге ақшалай несие беретін, сондай-ақ қозғалмайтын мүлікті кепілдікке беруді қамтамасыз ететін кепілдік қағазын шығаратын несиелік мекеме.* **Ипотекалық кепілзат.** экон. *Несиені қамтамасыздандыру ретінде бағалы қағаздарды кепілге салу; кепілдік шотындағы дебеттік қалдықты сақтандыру.* **Ипотекалық кепілхат.** экон. *Банк қарызгерге беретін орнықты мүлік кепілі туралы борышқорлық міндеттеме.* **Ипотекалық куәлік.** экон. а) *Заңды иеленушінің құқығын куәландыратын ордерлік бағалы қағаз.* ә) *Негізгі міндеттемені орындауға арналған бағалы қағаз.* б) *Негізгі міндеттемені орындау мақсатымен кепілге салынған мүлікке өндіріп алу шарасын қолдануға арналған бағалы қағаз.* **Ипотекалық несие.** экон. *Несиегері банктер болып табылатын тұрғынүй алу үшін жеке тұлғаларға белгілі бір шарттар бойынша берілетін қарыз түрі.* **Ипотекалық облигация.** экон. *Орнықты мүліктермен қамсыздандыру шартымен шығарылатын және тұрақты пайыз әкелетін ұзақ мерзімді бағалы қағаз.* **Ипотекалық рынок.** экон. *Несие капиталдары рыногының құрамдас бөлігі.* **Ипотекалық сертификат.** экон. *Сатып алынатын, сатылатын, кепілге салынатын кепілзаттық куәлік, бағалы қағаз түрі.*

**ИПОХОНДРИК** [грек. hypochondrios] зат. псих. *Ипохондриямен ауыратын адам.*

**ИПОХОНДРИЯ** [грек. hupochondrios] зат. психол. *Өз денсаулығына шамадан тыс көңіл бөлушілік,жазылмайтын аурумен ауырып қаламын деп қорқушылық.*

**ИППОДРОМ** [грек. hippodromos] зат. ***Бәйгеалаң*** *(ат жарыстары мен бәйге өткізу үшін арнайы жасалған орын, алаң).*

**ИППОЛОГИЯ** [грек. hippos – жылқы, logos – ілім] зат. зоол. *Жылқы анатомиясы, физиологиясы, дамуы, тұқымын көбейту туралы ғылым.*

**ИПРИТ** [нем. Iprit] зат. **1.** хим. *Қыша газы, протоплазматикалық у.* **2.** әск. *Қыша иісті тері іріңдеткіш уландырушы әскери заттек (1971 ж. немістердің алғаш рет Бельгияның Ипр қаласының жанында ағылшын әскеріне қарсы қолданылуына байланысты аталған).*

**ИПСАТИВТІ** сын. терм. *Өзіне қатысты бейнелеу немесе өлшеу.*

**ИПСИЛОН** зат.мат. *Грек әліпбиіндегі Y (u) әрпі, математикада өзгермелі шаманың таңбасы болып қолданылады.*

**ИРАДА** [ар. ارادة] зат. көне. *Қалау, тілек.* **Ирадаға қайшылық жасады.** жерг. *Ерікке қайшы келді, мүддесіне кері келді, ойлағанынан басқаша болды.*

**ИРАН: жүмлә ғайып иранлар**. көне. *Барша ғайып ерендер [Ғайып ерен – қазақтың ертегі-қиссаларында адамға қиналғанда көмектесіп, желеп-жебейтін, көзге көрінбейтін әулие].*

**Иран кілем.** *Бағалы, әдемі, түгі қалың кілем.*

**ИРАНБАҚ** зат. **1**. *Көне замандағы парсы патшасының жер бетін жұмаққа ұқсатам деген мақсатпен салған бағы; шығыс ертегілеріндегі жаннат бағы.* **2**. ауыс. *Әсемдігі жағынан ерекше, асқан әдемі бақ, абаттандырылған саялы орын.*

**Иранбақтың қызыл гүлі.** поэт. *Ел ішіндегілердің көріктісі, сұлуы, ажарлысы.*

**ИРАНДЫҚ** сын. *Ирандарға тән; Ираннан келген.*

**ИРАНТАНУ** зат. *Иран тілдері мен мәдениетін зерттейтін ғылымдар жиынтығы.*

**ИРГА** *Биіктігі 2-3 м-дей, көп бұтақты жемісті бұта. Жемісі домалақ, қара көк түсті болады, жеуге жарамды. Дәрі-дәрмек ретінде де пайдаланылады.*

**ИРҒА** зат. жерг. *Жүзімнің ерте пісетін түрі.*

**ИРЕК**[1] зат. этн. сөйл. ***Ирекағаш*** *(тері илеуге қолданылатын ағаш).*

**Ирек шығарды**. қолөнер. *Ирекағаш жасау үшін оның бір шетін ара сияқты кертік-кертік етіп жасады.* **Ирек шығару**. қолөнер. *Ирекағаш жасау үшін оның бір шетін ара сияқты кертік-кертік етіп жасау.*

**ИРЕК**[2] зат. **1**. қолөнер. *Геометриялық фигуралар, әдетте үшбұрыштар немесе түзу және доғал сызықтардың бір-біріне жалғасқан өрнегі түріндегі қазақтың ұлттық оюының бір түрі.* **2.** ауыс. *Құлаққа жағымды дауыс толқыны, ән ирімі, өрнегі.*

**Ирек қалып.** зерг. *Күміс бетіне иір-иір, толқынды ою, бедер түсіруге арналған соқпа қалып.* **Ирек өрнегі.** қолөнер. ***Ирек***[2] *(қазақ қолөнеріндегі өрнектің бір түрі).* **Ирек су**. қолөнер. *Жіңішке таспаларға, көрпе, түскиіздің т.б. шеттеріне, арасына салынатын әртүрлі сызық түріндегі ою.*

**ИРЕК**[3] зат. этн. көне. *Бір ұшы жіпке бекітілген, лақтырып қолданатын көне қарудың түрі.*

**ИРЕК**[4] сын. **1**. *Түзу емес, иір-иір.* **2**. *Айқыш-ұйқыш, шимай (жазу). // Жазу, сызық. // Иірленген шет, ирек-ирек жиек. // Ирелеңдеп, ирелең-ирелең етіп. //* ауыс. *Қисық жол, бұрыс бағыт. //* ауыс. *Қалтарыс-бұлтарыс, жасырын пиғыл.*

**Ирек атан**. бейн. *Мойны ұзын, өркеші үлкен, келісті атан түйе.* **Ирек гүл.** бот. *Гүл бұтақшаларының бірі оң жағынан, екіншісі сол жағынан ауысып келген гүл шоғыры.* **Ирек қар**. *Жел, боран соққаннан кейін беті иректеліп қалған қар.* **Ирек мойын атандай**. бейн. *Мойны ұзын, өркеші үлкен, келісті атан түйе сияқты.* **Ирек салды**. а) *Ирелеңдеді, ирелеңдеп созылды, алға тартылды.* ә) *Ирелеңдеген із қалдырды.* **Ирек түтік**. тех. *Түтіктерден спираль тәрізді немесе ирелеңдетіліп жасалған жылуалмастырғыш құрылғы.* **Ирек тігісті**. тоқыма. *Матаны бір-бірімен қабыстырып тігуде, шілтер, киім астарларының ішкі, төменгі жағын т.б. тігуде қолданылатын тігістері бір-біріне айқышталып түсетін тігіс түрімен тігілген.* **Ирек тігісті мәшине**. тоқыма. *Зигзак-мәшине, тігін, аяқкиім және галантерея өндірісінде қолданылатын ирек тігіс жасайтын тігін мәшинесі.*

**ИРЕКАҒАШ** зат. этн. *Жалпақтығы 10-15 см, қалыңдығы 7-8 см, ұзындығы 60-70 см тері өңдеуге арналған құрал.*

**ИРЕКЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. ikonnikovia> *Қорғасын шөптер тұқымдасына жататын көпжылдық шала бұта.*

**ИРЕКГҮЛ** *Таудың шатқалдарында өсетін биіктігі 15-60 см-дей, тамыры жуан, жапырақтары тамыр түбіне шығатын гүлі – гүлшоғыр, күлгін, қызыл түсті жапырақтары таспа тәрізді шөптесін өсімдік.*

**ИРЕК-ИРЕК** сын. **1**. *Иір-иір, бұралаң.* **2.** *Бұдыр-бұдыр, тегіс емес, бұдырлы.* **3**. *Өркеш-өркеш, жота-жота.*

**ИРЕКТЕ=** ет. **1**. *Ирек салу, ирек-ирек етіп сызық жүргізу.* **2**. *Айқыш-ұйқыш етіп жазу.* **3.** ауыс. *Даусын құлаққа жағымды етіп, біресе көтеріп, біресе бәсеңдетіп толқындатып шығаруы.*

**Иректеп тігу.** қолөнер. *Мата бетіне ирек өрнегін салып тігу.*

**ИРЕКТЕЛ=** ет. **1**. *Бұралаңдану, бұдырлау, толқындану.* **2**. *Иірлену.* **3**. *Айқыш-ұйқыш болып жазылу, бір нәрсенің бетіне айқышталып түсу.* **4**. *Иір-иір болып оратылу, шиырлыну.*

**ИРЕКТЕЛУ** *Иректел етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕКТЕН=** ет. *Иір-иір болу, иірлену.*

**ИРЕКТЕНУ** *Иректен қимыл атауы.*

**ИРЕКТЕТ=** ет. **1**. *Иір-иір қылдыру, иір-иір еткізу, желпілдету.* **2**. *Ирелеңдетіп, айқыш-ұйқыш етіп жазу.* **3** ауыс. *Дауысты толқындату, дірілдету, бірқалыпты ұстану.*

**ИРЕКТЕТТІР=** ет. *Иір-иір еттіру.*

**ИРЕКТЕТУ** *Иректет етістігінің қимыл атуы.*

**ИРЕКТЕУ**[1] зат. этн. *Ирекағашты пайдаланып тері илеудің тәсілі.*

**ИРЕКТЕУ**[2] сын. *Ирегі көбірек, иірлеу келген.*

**ИРЕКТЕУ**[3] *Иректе етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕКТІ** сын. қолөнер. *Ирегі бар.*

**ИРЕКТІС** зат. өс. *Сабағы тік, жапырағы сопақша, жиектері араның тісі сияқты болатын бұта арасында өсетін шөптесін өсімдік.*

**ИРЕКСУ** зат. қолөнер. *Оюдың құрылымдық элементтерінің арасын бөліп тұратын, су толқыны тәрізді өрнек.*

**ИРЕЛЕКТЕ=** ет. *Ирелең-ирелең ету, ирелеңдеу.*

**ИРЕЛЕҢ** сын. *Тұзу емес, иреңдеген. // Иір-иір жол, бұраландаған арна, сала.*

**Ирелең етті.** *Жылан сияқты ирең етті, ирелеңдеді.*

**ИРЕЛЕҢДЕ=** ет. **1**. *Иір-иір болып созылу.* **2.** *Бұралаңдау.*

**Ирелеңдей шұбатылған**. *Ирелең-ирелең етіп созылған.* **Ирелеңдей шұбатылды.** *Ирелең-ирелең етіп созылды.*

**ИРЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Ирелең салғызып бұралаңдату, иір-иір қылып созылту.*

**ИРЕЛЕҢДЕТУ** *Ирелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕЛЕҢДЕУ** *Ирелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕН** зат. көне. сөйл. ***Ерен*** *(ғайып ерен – қазақтың ертегі-қиссаларында адамға қиналғанда көмектесіп, желеп-жебейтін, көзге көрінбейтін әулие).*

**ИРЕҢ** елік. *Әрлі-берлі бұралып қозғалғандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Ирек, ирелең.*

**Ирең де ирең**. поэт. *Иір-иір, ирелеңі, қалтарысы мен бұлтарысы көп.* **Ирең етті.** *Ширатыла жиырылды, иреңдеді.* **Ирең қақты.** *Ирелеңдеді, бұралаңдады.*

**ИРЕҢДЕ=** ет. **1**. *Ирең-ирең ету, ирелеңдеу.* **2**. *Толқындану.* **3**. *Айқыш-ұйқыштану, кедір-бұдырлану.*

**ИРЕҢДЕЛ=** ет. **1**. *Ирең-ирең етілу, иірілу.* **2.** ауыс. *Бұлдырлау, елестеу.*

**ИРЕҢДЕЛУ** *Иреңдел етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕҢДЕТ=** ет. **1**. *Ирең-ирең еткізу, бұралаңдату, ирелеңдету.* **2**. *Изеңдету.*

**ИРЕҢДЕТУ** *Иреңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕҢДЕУ** *Иреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕҢ-ИРЕҢ** елік. *Әрлі-берлі бұралып қозғалғандағы қайталанған қимылды бейнелейтін сөз. // Ирелеңдеп. // Изең-изең.*

**Ирең-ирең еткізді.** *Қайта-қайта иреңдетті.* **Ирең-ирең етті.** *Қайта-қайта иреңдеді.*

**ИРЕТІЛ=** ет. *Ирелеңдеу, иреңдеу; бұралаңдау.*

**ИРЕТІЛУ** *Иретіл етістігінің қимыл атауы.*

**ИРЕТІЛІҢКІРЕ=** ет. *Ирелеңдеңкіреу, бұралаңдаңқырау.*

**ИРЕУ** зат. көне. ***Ирек*** *(өрнек, ою түрі).*

**ИРИ=** ет. *Сораю.*

**ИРИДИЙ** [ағыл. iridium] зат. хим. *Күміс түсті жалтыраған, аса қатты, балқуы қиын, жерде сирек кездесетін ауыр металл.*

**ИРИДОДИАГНОСТИКА** зат. мед. *Көздің түсі (нұрлы), қабаты бойынша адам ағзасының ауруларын анықтайтын медицина саласы.*

**ИРИДОЛОГ** зат. мед. *Иридология саласының маманы.*

**ИРИДОЛОГИЯ** [грек. iris (iridos) – кемпірқосақ, logos – ілім] зат. мед. *Көздің шатырша қабығы аурулары мен өзгерістерінің арасындағы қандай да бір өзара байланысты зерттейтін медицинаның бір саласы.*

**ИРИДЭКТОМИЯ** [грек. iridectomia, iridos – кемпірқосақ, ektome – сылып тастау] зат. мед. *Көз ауруларының бірнеше түрін емдеуде жасалатын операция.*

**ИРИЗАЦИЯ** [грек. iris] зат. физ. *Жарық сәулесі өткен кезде кейбір минералдардың бетінде, Күн дискісіне қарсы орналасқан бұлттардың шеткі жақтарында пайда болатын әртүрлі бояумен көрінетін оптикалық құбылыс.*

**ИРИТ** [лат. iritis] зат. мед. *Көздің шырын қабығының қабынуы.*

**ИРИС**[1] [гр. iris] зат. тоқыма. **1**. *Кесте тігуге, тоқуға арналған еспе жіптер.* **2**. анат. *Көздің түсі (нұры), қабаты.*

**ИРИС**[2] зат. тамақ. *Қант, сүт, май және сірнеден дайындалған қоңыр түсті кәмпит түрі.*

**ИРЛАНДЫҚТАР** зат. этнон. *Ирландияның ұлты, негізгі халқы, осы ұлт өкілі.*

**ИРОИКОМИКАЛЫҚ: ироикомикалық әдебиет.** әдеб. *XVIII ғасырдағы батыс европалық классицизм әдебиетінде кеңінен таралған комикалық сәйкессіздікке негізделген әдеби жанр.*

**ИРОКЕЗДЕР** зат. этнон. *Қазіргі Америка Құрама Штаттарының солтүстік-шығысын, Канаданың көршілес аудандарын қоныстанған үндіс тайпаларының тобы, өздерінің атауы – ходеносауни.*

**ИРОНИЯ** [грек. eironeia] зат. **1**. әдеб. *Астарлы сықақ, келеке, мазақ.* **2.** лингв. *Тұлға немесе зат туралы түсінік, ойға қарама-қарсы ұғымдағы стильдік оралым, фраза, сөз.*

**ИРОНИЯЛЫҚ** сын. *Иронияға тән.*

**ИРРАДИАЦИЯ** [лат. irradiare] зат. **1**. физ. *Кеңге таралу, кеңею, ұлғаю (толқынға, қоздыру ошақтарына, ауру нүктелеріне қатысты).* **2**. мед. *Орталық жүйке жүйесінде туған тітіркенудің басқа бөліктерге таралуы.*

**ИРРАЦИОНАЛ** [лат. irrationalis] сын. **1**. филос. ***Иррационалдық***. **2**. мат. *Бірлікпен өлшенбейтін, тұтас та, бөлшектік те санға жатпайтын.*

**Иррационал өрнек**. матем. *Радикалы бар алгебралық өрнек.* **Иррационал сан**. мат. *Бүтін де, бөлшек те рационал сандар арқылы дәл беріле алмайтын, яғни рационал санға жатпайтын сан.* **Иррационал теңдеу**. матем. *Белгісіз радикал астында болатын алгебралық өрнек.* **Иррационал функция**. матем. *Радикалы бар функция.*

**ИРРАЦИОНАЛДЫҚ**[1] зат. мат. *Иррационал болушылық, бірлікпен өлшенбейтін, тұтас та, бөлшектік те санға жатпайтын құбылыс.*

**ИРРАЦИОНАЛДЫҚ**[2] [лат. irrationalis] сын. филос. *Санамен танып білуге болмайтын, логикалық ұғымдар арқылы көрсетуге келмейтін құбылыс.*

**ИРРАЦИОНАЛИЗМ** [лат. irrationalis] зат. филос. **1.** *Рационалдық ақылдың, ойдың танымдық мүмкіндіктері шектеулі деп санайтын және руханилықты, сезімді, түйсікті, қиялды дүниетанымның негізі деп есептейтін рационализмге қарама-қарсы таным жүйесі.* **2**. совет. жағымсыз. *Ақиқат дүниені санамен танып білудің мүмкін еместігін қолдайтын және ақыл-ой парасаттың танымдық қабілетін теріске шығарып, танымның негізі ретінде оған көкіреккөз, инстинкт пен сезімді қарсы қоятын философиядағы идеалистік ағым.*

**ИРРАЦИОНАЛИСТІК** сын. филос. сөйл. ***Иррационалдық***.

**ИРРЕАЛДЫ** [лат. irrealis] сын. *Ақиқат өмірде кездеспейтін нәрсені, реалдыға қарама-қарсы мағынада қолданылатын идеалдыны белгілейтін ұғым.*

**ИРРЕДЕНТ** [латын. Irredenta – азаттығы жоқ, terra - жер] зат. қоғ.-саяси. *Ұлттың мемлекеттік шегарасына, тарихи отан құрамына енбей қалған, шегара бойындағы атақоныс жерлерде мекендейтін ұлт өкілдерінің бір тобы (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Италия құрамына кірмей қалған, аздаған италяндықтар қоныстанған шегаралас жерлердің қайта Италияға қосылуын көздеген Италиядағы ұлттық қозғалыс атауы).*

**ИРРЕДЕНТИЗМ** [итал. irredentismo] зат. **1**. *Италияға шегаралас жатқан итальяндықтар жартылай болса да қоныстанған жерлерді қосып алуды жақтаған XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдағы Италиядағы ұлтшылдық қозғалыс.* **2**. саяси. *Бір халық орналасқан, мемлекеттік шегарамен бөлінген аумақтардың қосылуын көздейтін бағыт, қозғалыс.*

**ИРРЕЙТА** [лат. errata] зат. ресми. *Құжаттарды дайындауда жіберілген кемшіліктер немесе кішігірім қатені түзетуді куәландыратын іс құжатына қойылған қол.*

**ИРРИГАЦИЯ** [лат. irrigatio] зат. егіншар. ***Суландару*** *(жерді қолдан суару жүйесі).*

**ИРРИГАЦИЯЛЫҚ** сын. *Суландыруға қатысты.*

**Ирригациялық имараттар үйінділері**. экол. *Ірі ирригациялық каналдарды, коллекторларды дайындаған кезде қазылып алынған беттопырақ пен топырақ массасы және құрылыс салынып жатқан өңірлердегі басқа да ретсіз үйінділер.* **Ирригациялық канал**. тех. *Суландыру жүйесінің жасанды арнасы.* **Ирригациялық шөгінділер**. экол. *Суландыру жүйесі нысандарын тазалау, аршу кезінде ұзақ уақыттан бері жинақталып келген жыныстар.* **Ирригациялық эрозия**. экол. *Суару кезінде топырақтың шайылып әкетілуі.*

**ИРШАТ** [ар. ارشاد] зат. діни. көне. *Басшылық, нұсқау; адасқандарды ақиқи Құдай жолына түсіруші өсиет, уағыз.*

**ИСАРАП** зат. ескі кіт. ***Ысырап***.

**ИСАРАПТАЛ=** ет. ескі кіт. ***Ысырап қылу***.

**ИСЛАМ** [ар. إسلام] зат. **1**. діни. *Бір Аллаға мойынсынған, қасиетті кітабы Құран Кәрім, елшісі – соңғы пайғамбар Мұхаммед болып табылатын адамзат баласына жіберген соңғы аманат дін.* **2**. *Арабиядағы көшпенді бәдәуилер арасында VI ғасырда пайда болған, дүниежүзіне кең таралған төрт ірі әлемдік діндердің бірі, мұсылман діні.* **3**. саяси. *Өзіне дейінгі байырғы діндердің әсерімен де қалыптасқан синкретикалық монотеизмнің өзіндік арабтық үлгісін бойына сіңірген, мұсылман діні негізінде Арабия қоғамының тарихи дамуы нәтижесінде пайда болған араб халқының мемлекеттік жүйесі, осы үлгідегі басқа да діни мемлекеттілік немесе осыларға тән әлеуметтік-идеологиялық, діни-саяси құбылыс, тәртіп.* **4.** *Мұсылмандыққа қатысты діни міндеттердің, ережелердің жиынтығы, мұсылмандық жолы. // Мұсылман, ислам дініндегі, мұсылмандықты ұстанған.* **5.** *Исламтану, ислам туралы ілім.* **6.** *Ислам әлемі, ислам дүниесі, мұсылман қауымы.* **7.** *Ислам елдері, ислам мемлекеттері. // Исламтанушы, исламды зерттеуші әрі өздері мұсылман.*

**Ислам архитектурасы**. сәулет. ***Ислам сәулет өнері.*** **Ислам әлемі.** а) діни. *Исламнан өзге әлемге қарсы қойылатын мұсылманшылықтың маңызды ұғымы, дар-әл-ислам.* ә) *Барша мұсылман қауымы, ислам жұртшылығы.* б) *Ислам дінінің мәдени ортасы, исламның ғылыми және зиялы қауымы.* в) *Барлық мұсылман дініндегі немесе мұсылман дәстүрлі діні болып табылатын елдер мен мемлекеттер қауымдастығы.* **Исламға көндірді**. *Бір Алланы Құдай деп мойындатып, ислам дінін қабылдатты, мұсылмандық жолға салды.* **Исламға кірді**. *Бір Алланы Құдай деп мойындап, мұсылмандық жолына түсті, исламды өз діні деп қабылдады.* **Исламға салды**. *Алланың көрсеткен тура діні – хақ жолы – мұсылман дінін қабылдатты.*

**Ислам дүниесі.** а) *Мұсылман дінін ресми дін немесе дәстүрлі дін ретінде ұстанатын барлық елдердің қауымдастығы.* ә) *Мұсылмандық білімдер жүйесі, исламдық ілім.* **Ислам дінін жастанды.** *Мұсылман дінінде жоқ нәрсені бар деп немесе тыйым салынғанды рұқсат етілген деп жалған кейіппен діннің атын жамылып, жеке пиғылын жасырды.* **Ислам дініндегі салықтар**. діни. *Құран Кәрімнің аяттары және Мұхаммед пайғамбардың хадистері негізінде белгіленген салық түрлері.* **Ислам елі.** а) *Бір елдің мұсылман халқы, барша мұсылмандары.* ә) саяси. **Ислам жолы**. діни. *Адам баласына Алла тағаладан Құран арқылы түсірілген шарттар мен тыйымдарды орындауға негізделген мұсылман дінінің ұстанымдары, дұрыс даму бағыты, хақ жол.* **Ислам жолын құды**. *Мұсылман дінінің ұстанымдарынан ауытқымады, оларды бұлжытпай орындады.* **Ислам жолын танытты**.

*Мұсылман дінінің ұстанымдарын үйретті.* **Ислам қағидалары.** діни. *Мұсылман дінінде қатаң ұстанатын, мойындалған әдет-ғұрып, рәсім мен ережелердің жиынтығы.* **Ислам қауымы.** *Барша мұсылмандар, мұсылман атаулы адамзат.* **Ислам мазһабтары.** діни. *Исламның түпкі қағидаларына негізінен сай келіп, өзара үндесетін, алайда жекелеген мәселелерде өзіндік айырмашылықтары бар, мұжтаһид ғалымдары ұстанған жолдар.* **Ислам мәдениеті.** діни. әлеум. *Мұсылман әлеміндегі адамдардың өмір-тіршілігін ұйымдастыру формасы, өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ материалдық және рухани құндылықтары арқылы көрінетін тарихи тұрғыдан анықталған қоғам, шығармашылық күштер мен адам қабілеті дамуының белгілі бір деңгейі.* **Ислам мемлекеті.** а) діни. саяси. *Құқықтық, экономикалық құрылысы исламдық шариғат бойынша құрылып, Құран негізінде басқарылатын діни мемлекет.* ә) *Дәстүрлі немесе ресми діні мұсылман діні болып табылатын мемлекет.* б) діни. *Қоғамдық қатынастары дәстүрлі ислам үлгісі бойынша құрылып, билік Құран және шариғат бойынша жүргізілетін дүниауи мемлекет ұғымына қарама-қарсы қойылатын мұсылмандық ағымдар, дінтанушылар т.б. ұсынған, көксеген мемлекет үлгісі.* **Ислам мүридтері** т.б. діни. *Өзінің ұстаздарымен шейх, пір, міршіт адал кісілікті қарым-қатынаста болып, оған мүлтіксіз бағынуға тиісті діни-рухани жетілу жолында жүрген мұсылман шәкірттер.* **Ислам өркениеті.** зат. *Ислам дінінің құндылықтары негізінде қалыптасқан әлемдік өркениеттердің бірі.* **Ислам парызы.** діни. *Мұсылмандарға Құран бойынша орындалуы міндетті етілген ғибадат-шарттар, иманшарттар.* **Ислам сәулет өнері.** *Әлемдік сәулет өнері қазынасына енетін ислам діні ықпалымен салынып қалыптасқан ерекше үлгідегі ғимарат кешендерінің жүйесі.* **Ислам тарихы.** а) *Мұсылман дінінің өткені, оның даму процесі.* ә) діни. *Мұсылман дінінің өткенін, даму процесін зерттейтін исламтанудың бір пәні.* **Ислам философиясы.** теол. филос. *Ислам өркениетіне тән рухани және тәжірибелік дүниетаным жүйесі.* **Ислам шамын жандырды.** поэт. *Хақ дінді танытты, мұсылмандық жол – ақиқат жолына салды.*

**Ислам шариғаты.** діни. ***Шариғат.***

**ИСЛАМДАН=** ет. тар. *Қандай да бір сыртқы немесе ішкі түрткі жайттардың әсерімен мұсылман дінін қабылдау немесе мұсылмандық форма алу.*

**ИСЛАМДАНДЫР=** ет. тар. *Ислам шарттары бойынша ұйымдастыру, ислам дініне кіргізу, мұсылманға айналдыру.*

**ИСЛАМДАНДЫРУ** *Исламдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ИСЛАМДАНУ** *Исламдан етістігінің қимыл атауы.*

**ИСЛАМДЫҚ** сын. **1.** *Мұсылмандық, ислам діні туралы, соған қатысты.* **2.** *Ислам әлеміндегі (өркениетіндегі), ислам дүниесіндегі.* **3.** *Мұсылман діні бойынша, ислам негізінде, ислам шарттарына сай.*

**Исламдық құқық.** діни. қоғ.-әлеум. *Мұсылмандық парыздарды, қылмыстық кодексті, экономикалық құқықты, жеке адам құқықтарын, азаматтық қатынастарды, мемлекеттік құқықты т.б. қамтитын адамдар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін «фикһ» немесе «шариғат» деп те аталатын ахлақ нормалары мен діни ережелер.* **Исламдық өркениет.** ***Ислам өркениеті.*** **Исламдық руханият.** *Мұсылмандық рухани мәдениет.* **Исламдық ту көтерді.** бейн. *Ислам дінін өз діні деп қабылдады, ислам әлеміне қосылды.*

**ИСЛАМДЫҚТАР** зат. газети. *Ислам дініндегі адамдар, мұсылмандық топ.*

**ИСЛАМИ** сын. ескі кіт. *Исламдық, мұсылмандық.*

**ИСЛАМИЯ** сын. кіт. *Ислами, исламдық.*

**ИСЛАМИЯТ** [ар. اسلاميات] зат. кіт. **1.** ***Исламтану.*** **2.** *Ислам әлемі, мұсылмандық өзгелігі, айырмашылығы.* **3.** *Ислам діні, мұсылмандық.*

**ИСЛАМТАНУ** зат. ғыл.теол. *Ислам діні қағидаларының мәнін, шариғат нормаларын, ислам тарихын зерттейтін және Құран Кәрім сүрелері мен аяттарының, Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбар сөздері мен іс-әрекеттерінің мәнін түсіндіретін ғылымдар жиынтығының атауы.*

**ИСЛАМТАНУШЫ** зат. теол. *Ислам діні қағидаларының мәнін, шариғат нормаларын, ислам тарихын зерттейтін және Құран Кәрім сүрелері мен аяттарының, Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбар сөздері мен іс-әрекеттерінің мәнін түсіндіретін ғалым.*

**ИСЛАМШЫЛАР** зат. совет. ***Исламшылдар.***

**ИСЛАМШЫЛДАР** зат. совет. *Кеңестік кезеңде ұлтшыл, түрікшіл «халық жаулары» ретінде айыпталған мұсылман зиялылары.*

**ИСЛАМШЫЛДЫҚ** зат. совет. *Кеңестік кезеңде «халық жаулары» ретінде айыпталған мұсылман зиялыларына таңылған жала.*

**ИСЛЯМ** зат. сөйл. ***Ислам.***

**ИСМАИЛИ** зат. діни. кіт. ***Ысмаилшыл.***

**ИСМАИЛИЙА** зат. діни. ***Ысмайылшылар.***

**ИСМАИЛИТТЕР** зат. діни. кіт. ***Ысмайылшылар.***

**ИСМАЙЫЛДЫҚ** зат. діни. тар. **Ысмайылдық** *(шииттердің VII ғасырда жікке бөлінуіне байланысты пайда болған шиит исламы негізгі тармақтарының бірі).*

**ИСМАЙЫЛШЫЛ** сын. діни. ***Ысмайылшыл*** *(Ысмайылдықты ұстанатын (адам), ысмайылдыққа қатысты).*

**ИСМАЙЫЛШЫЛАР** зат. діни. тар. ***Ысмайылшылар*** *(Шииттердің VII ғасырда жікке бөлінуіне байланысты пайда болған шиит исламы негізгі тармақтарының жолын ұстаушы санатындағылар).*

**ИСНА: исна ашарийа.** діни. тар. ***Он екі имам*** *(Әли бин Әбу Тәліп әулетінен тараған, бірін-бірі жалғастырған он екі шиит-имамдардың атауы).*

**Исна ашарит ілімі.** діни. тар. *Ислам діндегі Әли бин Әбу Тәліп әулетінен тараған, бірін-бірі жалғастырған он екі шиит-имамдардың жолын ұстанушылардың ілімі.* **Исна ашариттер.** діни. тар. *Шииттік исна ашарит ілімін ұстанушылар.*

**ИСПАҚҚАҢЛЫ: испаққаңлы қылыш.** көне. ***Исфаһани қылыш.***

**ИСПАН: испан тілі.** *Роман тілдер тобына жататын Испанияның негізгі ұлтының тілі.*

**ИСПАНДЫҚ** зат. *Испан халқының өкілі; испан халқына тән.*

**ИСПАНИСТ** зат. *Испанистика маманы.*

**ИСПАНИСТИКА** зат. *Испан халқының тілі, әдебиеті, мәдениеті жайындағы ғылымдардың жиынтығы.*

**ИСПАНИЯЛЫҚ** сын. ***Испандық.***

**ИСПАНША** үст. *Испан тілінде.*

**ИСПАНШЫЛА=** ет. *Испан тілінде сөйлеу, испан тіліне аудару.*

**ИСПАНШЫЛАУ** *Испаншыла етістігінің қимыл атауы.*

**ИСПАТ** [ар. إثبات] зат. ескі кіт. ***Сипат.***

**ИСРА**: **исра-уа-л-Миғраж** діни. ***Миғраж оқиғасы*** *[Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың бүкіл әлемнен өтіп, жаратылыс атаулыдан жоғары көтеріліп, Алла тағаламен сұхбаттасуы түрінде оған Алла тағаладан берілген ең үлкен пайғамбарлық мұғжиза – тек қана пайғамбарға Алладан берілетін ерекше қасиет].*

**ИСРАФ** [ар. إسراف] зат. ескі кіт. ***Ысырап.***

**ИСРАФИЛ: исрафил перішге.** діни. *Адамдар мен әлем жөніндегі Алланың бұйрығын оқитын және оны орындау үшін басқа періштелерге тапсыратын, қиямет күні келгенде кернейде ойнайтын Аллаға жақын төрт періштенің бірі.*

**ИСРАҺИЛ** зат. діни. ***Исрафил.***

**ИСТЕБЛИШМЕНТ** [ағыл. establishment] зат. экон. *Жоғары деңгейдегі табыс, қоғамдағы тұрақты жағдай, жеткіліктілік; қазіргі қоғам құрылысына тірек болатын және артықшылықтары бар қоғам топтары.*

**ИСТЕРИЯ** [грек. hystera] зат. мед. ***Ұстамалы сырқат*** *(жүйке жүйесіне зақым келуден, адам мінез-құлқының, қозғалысының, сезімталдығының, ішкі мүшелер қызметінің бұзылуынан болатын психикалық ауру).*

**ИСТИНЖА** зат. *Дәрет алу, нәжістен тазалау.*

**ИСТИСЛАХ** зат. діни. *Ислам ілімінде пайдалы іске ұмтылушылық, пейішке бару жолындағы игілікті істің бірі; істің дұрыс-бұрыстығын анықтаудың заңды жолының жүйесі.*

**ИСТИХАРА** зат. діни. *Парыз және сүннетке жатпайтын бір нәрсенің қайырын, жақсысын, игілігін тілеу намазы.*

**ИСТИХРАЖ** зат. ескі кіт. *Бір заттың ішінен басқа заттар шығару, табу.*

**ИСТИХСАН** зат. діни. *Ұқсастыққа сәйкес шешім қабылдаудан бас тартуды білдіретін мұсылмандық тәртіп пен құқық термині.*

**ИСТОРИЗМ** ор. зат. линг. ***Тарихи сөздер*** *(қоғамдық дамудың белгілі бір тарихи кезеңіне байланысты пайда болып, кейіннен қолданыстан шығып қалған сөз).*

**ИСТОРИОГРАФИЯ** ор. зат. *Тарих ғылымының дамуы туралы және тарихи нұсқалар туралы ғылым.*

**ИСТРЕБИТЕЛЬ** ор. зат. әск. ***Жойғыш ұшақ*** *(жау авиациясын атып түсіретін ұшқыр ұшақ).*

**ИСФАҺАНИ** [ар. إسبهان]: **исфаһани қылыш.** зат. көне. *Исфаһан қаласында сапалы материалдан жасалған аса бағалы қылыш, кесу қаруы.*

**ИСІ** есім. *Дүйім, барлық, күллі.*

**Исі қазақ.** *Қазақ атаулының бәрі, күллі қазақ біткен.*

**ИСІМ** зат. ескі кіт. ***Есім.***

**ИСІН=** ет. **1.** *Бие, сиыр т. б. сауын малдарының әбден иіп тұрған күйін өткізіп алғанда немесе жайсыз қалыпта тұрғанда июін кенет тоқтатуы; сүт бермей қоюы.* **2.** *Ию, сүт ағу.* **3.** ауыс. *Мейірлену, елжіреу, ию.* **4.** ауыс. *Мойынсыну, бағыну.*

**Исіншек бие.** *Сауар алдында құлынына жанасып, исініп, сүтін ағызып жіберетін бие.*

**ИСЫМ: исым ағзам.** ескі кіт. *Ұлы есімдер, ұлы аттар.*

**ИСІНДІР=** ет. **1.** *Бие, сиыр т. б. сауын малдарының иіп тұрған мезгілін өткізіп алу.* **2.** *Иіту, сауын малының желінін сыздату.* **3.** ауыс. *Көңілден шығару, тойдыру.*

**ИСІНДІРУ** *Исіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ИСІНУ** *Исін етістігінің қимыл атауы. Бие, сиыр т.б. сауын малдарының шартты рефлексіне байланысты физиологиялық процесс.*

**ИТ** зат. **1.** зоол. *Сүтқоректілер табы, ит туысына жататын, қасқырға жақын асыранды үй хайуаны.* **2.** *Үй күзету, мал бағуға бейімделген асыранды үй хайуаны.* **3.** *Аң аулауға немесе аңға салуға үйретілген үй хайуаны.* **4.** этн. *Қазақ халқында қасиетті саналатын жеті қазынаның бірі.* **5.** эвф. *Қасқыр.* **6.** ауыс. *Қас жау, жауыз, қаниет адам.* **7.** ауыс. *Надан, түк көрмеген тоғышар адам.* **8.** ауыс. *Құр бос жүрген, қолынан еш нәрсе келмейтін, ісінен сөзі көп адам.* **9.** ауыс. *Керітартпа, көре алмайтын, біреуге ор қазғыш, қаскөй адам.* **10.** экспр. *Қатар-құрбы адамдардың бір-біріне немесе жасы кіші бала-шағаға, сондай-ақ басқа бір өзімсінген адамға олардың жағымсыз әрекет-қылығын кешіргенде*

зілсіз айтатын сөзі. **11.** экспр. жағымсыз. Бір адамды жақтырмағанда немесе одан әбден қорлық көріп зәрезап болғанда оған қарата айтылатын жек көру сөзі. **12.** экспр. Кейіп, ренжігенде малға қарата айтылатын сөз. // экспр. бейн. Бір нәрсенің соңынан ит сияқты салақтап, далақтап жүгіре беретін, бір тоқтамайтын.

**Ит айтақтады.** Жауықты, өшікті; айдап салды. Иттей [итше] талады. Бәрі жабылып, талауға түсірді. **Итке айналды.** Адамшылықты ұмытты, азғындады. **Итке бермесін [берсін].** Адам баласының басына бермесін. **Итке есептеді**. Төменшіктетті, адам қатарына қоспады. **Итке жалпош жапқандай.** Бағасын, құнын түсінбейтін адамға бағалы, құнды нәрсені бергендей. **Итке құйған айрандай абыройы төгілді**. бейн. Қадірін білмейтін адамнан опық жеп, намысы тапталды, әбден ұятқа қалды. **Ит арқасы қиян.** Өте алыс, тым қашық. **Ит арқасы қиянға қашты.** Алысқа, жыраққа кетті, көз көрмес алысқа жылыстады. **Ит арқасы құрысты.** Жыны келді, қатуланды. **Ит атым жоғалмасын деп, пайғамбарға үрді**. Қай жерде жүрсе де ит иттігін жасамай тұрмайды, кім болса да өз бет-бейнесін танытпай қоймайды [Ежелгі аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбарға абалап, үрген итке: «Бұл пайғамбар емес пе» дегенде, ит: «Өзім де білем, бірақ ит атым ұмытылмас үшін үріп тұрмын» деп жауап берген екен]. **Ит ауруы.** сөйл. Мешел. **Ит ашуын тырнадан алады**. Әлі жеткеніне күш жұмсайды, өшін әлсізден алады. **Ит әбігерге салды.** Мазалады, әуре қылды. **Ит әлегін шығарды.** Берекесін кетірді, апшысын қуырды. **Ит әуеге үргенмен, айдың нұры кетпейді.** Жақсыны қаралаймын деп қанша әлек болғанмен, жақсы жақсы күйінде қалады. **Ит әуресі шықты.** Әуре болды, азапқа түсті. **Ит байласа тұрғысыз.** экспр. Адам төзгісіз, тіршілік жасап болмайтын (жер). **Ит басты, сиыр аяқты.** жерг. Жексұрын, сұмпайы (адам). **Ит басына іркіт [айран] төгілді.** Аста-төк, ағыл-тегіл молшылық болды, ішкені алдында, ішпегені артында, ауқатты тұрмыс орнады. **Ит басын шағу.** жерг. Көзін жою, қатты қинау. **Ит батпақтап, ат сүрінеді.** Аяқ алғысыз, көп болғандықтан, еш нәрсеге түсініп болмайды. **Ит болды.** а) Адамшылықтан кетті, жексұрын, қарабет болды. ә) Бос әуреге түсті, әбден зықысы шықты. б) Қор болды, абыройы төгілді, намысы аяққа тапталды. **Ит бұйда етті.** жерг. Қатты ұрысты, сөкті, ұялтты. **Ит бүлкіл [бүлкек].** а) Көлік малының бірқалыпты баяу, ұзаққа созылған ауыр жүрісі. ә) Өнбейтін, өндімейтін жүріс. **Ит біле ме [біледі].** Кім білсін, қайдан білейін, ешкімге белгісіз. **Ит біледі сүйекті.** Әркім өз бейіміндегі істің шебері. **Ит[ім] білсін [бе] [біле ме].** Ешкім білмейді, түсініксіз, белгісіз. **Ит есепті саналды**. Адам қатарында есептелмеді, қорланды. **Ит етекке жармасты.** Кім көрінген жармасып, қиянат жасады. **Ит етектен қапты.** Жығылғанға жұдырық, қиналғанда, қол ұшын бергеннің орнына аяқтан шалды. **Ит жақсысы [ең жақсы] – құмай [тазы].** Қазақы ұғым бойынша, иттің ішіндегі тазасы, алғыры, жүйрігі, бағалысы – құмай немесе тазы. **Ит жаманы ырыс әкеледі**. Байырғы наным бойынша, жаман деген иттің өзі иесіне байлық, құт тілейді (сондықтан итті теппеген). **Ит жауырын.** Жауырыны тар, құшиған (адам, киім). **Ит жегір [ит жесін].** қарғ. Біреуге риза болмағанда айтылатын бұйырмағыр, қызығын көрмегір деген мағынадағы зілсіз кейіс сөз. **Ит жегіріңді ит жесін**. экспр. қарғ. Өзіне тиесілі нәрсе бұйырмай қалып, қатты кейігенде айтылатын кейіс сөз. **Итжейде.** Нәрестенің алғаш киген көйлегі. **Ит жем болды.** а) Ысырап, рәсуа болды. ә) Құр босқа қор болды, қадірі болмады. **Ит жемеде қырылды.** Азапта, ит қорлықта өлді. **Ит жеріген жаужұмырдай.** жерг. Жеккөрінішті, сүйкімсіз, құнсыз, қадірі жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **Итжейдені ертерек тоздыру.** Жасы үлкен деген мағынада. **Ит жон.** Онша биік емес, дөңестеу жер. **Ит жуа.** Жуаның ұсақ, жабайы түрі. **Ит жүгіртіп, құс салды.** а) Аң аулады; аңшылық, саятшылық құрды, аңға шықты. ә) Сауық-сайран құрды. **Ит жүзіс [ит малту]** Жүзе білмейтін адамның жүзуі; аяқ-қолды тырбаңдатып малту түрі. **Ит жүрек.** поэт. Қызығы кетіп суынған, құлазыған көңіл. **Ит жылы.** көне. Қазақша жыл қайырудың он бірінші жылы. **Ит жыны келді.** Қатты ызаланды, ашуы келді. **Ит жынына тиді.** Қатты ызаландырды, ызасын келтірді. **Ит жіліншек**. этн. Жүйрік ат сынындағы аттың аяғының тізеден төменгі жіңішке жерінің сипаттама аты. **Ит зықысы шықты.** Әбден құр босқа титықтады, мазасы кетті, шаршады. **Ит иттігін қылмай қоймас.** Жаман адам жаманшылығын көрсетеді. **Ит кемірген сүйектей қылды.** Ұсқынын кетірді, берекесін алды. **Итке таста.** Текке керегі жоқ, қажетсіз. **Итке ұқсады**. Адамшылықтан жұрдай болды. **Ит кешуге салды.** Азап тарттырды. **Ит көзі түтін танымас.** жерг. Мүлдем нашар, тым төмен, жұтаң. **Ит көрген мысықша үрпиді.** Үрейі ұшты, елере үрікті. **Ит көргенін көрді.** Әбден қорлық көрді, қиын тіршілік кешті. **Ит көрімді көрді.** Азап шекті, көресісін көрді. **Ит көтінен ине алу.** жерг. Қулық істеу, сұғанақтық істеу. **Ит қайратты күні барда.** Өз қолы өз аузына жетіп тұрғанда, шама-шарқы келіп тұрғанда. **Ит қор адам.** Қиыншылық, ауыртпалық көріп, жапа шеккен адам. **Ит қорлық.** Қор болушылық, қадір-қасиеті кетушілік. **Ит қорлығын көрсетті.** Азап тарттырды, қиыншылық көрсетті, азаптады, көресіні көрсетті. **Ит қосты.** а) Итпен аң аулады. ә) Мұқатты, ұятқа қалдырды, сын тақты. б) Ит айтақтады, қуды. **Ит қуған ешкідей.** Зәре-құты қалмаған, қатты қорыққан. **Ит қуған танадай [еліктің лағындай] едіреңдеді.** Үрке қарады, елегізіді. **Ит қуып келгендей**. Қатты ентігіп, ырсылдап, екі иінінен демалып. **Ит құйрық.** сөйл. Ұзындау құйрығы бар арқар-меринос қойы. **Ит қылды.** а) Ақымақ етті, қолбалаша жұмсап, абыройын түсірді. ә) Бос әуреге салып, әбден титықтатты, жынына тиді. б) Қор қылды, қорлады, көрмегенді көрсетті. **Ит май жемейтіні [жегісіз].** Ит басына іркіт төгілген молшылық. **Ит малтуға салды.** а) Есін шығарды, берекесін кетірді. ә) Тынбады, тыным таппады, итшіледі. **Ит мойнына гауһар тақты**. Қадірін мүлде білмейтін, түсінбейтін адамға қор қылды. **Ит мұрны өткісіз [өтпейтін, батпайтын].** Қалың, жынысты, ну. **Ит мініп [қуып], ирек қамшылады.** а) Жүрісі өнбей, жол азабын тартып, итшіледі. ә) Өлмешінің күнін көрді. **Ит нәпсі**. Қу құлқын, қу көрсеқызарлық. **Ит өлген жер.** Тым алыс, қашық жер, ат тұяғы жеткізбес алыс шет. **Ит өлім.** а) Қадірсіз, абыройсыз жиреніште өлім. ә) Қаңғып көмусіз қалу, айдалада, жырақтағы өлім. **Ит өмір**. Қорлықпен өткен ғұмыр, итше ырылдасқан тірлік. **Ит өндіршек**. этн. Жүйрік ат сынындағы аттың жұтқыншақтан басталатын өңешінің бойы, иегінің астының сипаттама аты. **Ит өңешінен ине суырған**. Айласы асқан, қадалған жерінен қан алатын. **Ит өсіру**. Кедендегі ізкесушілік жұмыстарына пайдалану үшін арнайы бейімдеп үйрету, асырау. **Ит пен құсқа жем болды.** Айдалада көмусіз қалды. **Ит пен құсқа жем болды.** а) Айдалада көмусіз қалды. ә) Кім көрінгеннің қолында кетті; ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. **Ит пен мысықтай [ит пен мысықша].** Бірімен-бірі өш, араз. **Ит рәсуа.** Аяққа таптаушылық, қадірін білмеушілік. **Ит салпақ.** Ертеден қара кешке дейін біреудің жалшылығында жүрген; итқорлық. **Ит сорпасын шығарды.** Діңкесін құртты, әбден шаршатты. **Ит сілікпесі шықты.** а) Титықтап тұралады, шаршады. ә) Өрім-өрім болып, тамтығы ғана қалды. **Ит талағандай.** Сау тамтығы жоқ, өрім-өрім. **Ит – тамаққа**. Ит тамақ жеген жерге үйір болады, адам жақын тартқан, туыс, қамқор болған адамдарын іздеп тұрады. **Ит те болса.** Қанша жаман болса да. **Ит те көзге ілмейді**. Ешкімге керегі жоқ; түрсіз. **Итте – құмай**. Ит атаулыда ең жақсысы құмай; бір алуан нәрсенің ішіндегі бірегейі. **Иттен [де] көп.** жақтырмау. Өте көп. **Иттен де сүйек қарыздар**. Қарыз алмаған адамы жоқ, әбден тілемсектікке салынған. **Иттен жаман [жек] көрді**. Жаны жақтырмады, мүлдем ұнатпады. **Иттен жаман құтырды.** Шектен шығып кетті, астамшылық көрсетті. **Иттен жаралған [иттен туған].** қарап. Оңбаған, жетесіз, түк көрмеген. **Ит терісін басына қаптады.** экспр. Жер-жебіріне жетті, ұрсып-сөкті; масқарасын шығарды. **Ит тиген арам ас.** Керексіз, қадірсіз деген мағынада. **Ит тиген күшіктей.** Көрінгенге жалтақ. **Ит тиген табақтай қарады.** Жеккөрінішті сезіммен жиіркене қарады. **Ит тиді**. табу. Сұқ көз тиді [жас балаға біреудің назары түсіп, содан ауырды деген ел арасындағы наным]. **Ит түйнек.** Піспей, жетілмей қалған қауын-қарбыз. **Ит түрткі болды.** Қақпай, түрткі көрді; әркімнің мазағына, қорлығына ілікті. **Ит тұқымдасы.** зоол. <лат. canidae> Ит, қасқыр, шибөрі, түлкі, ақтүлкі т.б. жататын жыртқыш сүтқоректілердің бір тобы. **Ит тұмсығы өтпейтін [батпайтын].** Адам кіре алмайтын қалың, ну, бітік өскен. **Ит түрткі болды [түрткіге түсті].** Бәрінің көзіне түрткі болды, әркімнің мазағына ілікті. **Ит тілеуін тіледі.** Жамандық тіледі, жалғыздықты, қаңғымалықты қалады. **Итіне дейін [шейін].** сөйл. Түп-тұқиянымен, түгелдей, барлығы дерлік. **Ит тірлік.** Қорлықпен өткен, азапты өмір. **Ит тіс.** анат. <лат. dens lupinus> Үстіңгі тіс қатарынан сойдақ тіске жапсарласа шыққан тіс. **Ит үреді, керуен көшеді.** Бәрі де өтеді, кетеді, уақыт ұмыттырады деген мағынада. **Ит ырғаққа салды.** Әуре-сарсаң етті. **Ит ырғылжыңға салды [түсірді].** жерг. Әуре-сарсаң етті; ары тарт, бері тартқа салды. **Ит ырғын.** Мол олжа, көл-көсір молшылық. **Итін шығарды.** Берекесін алды, мазасын кетірді. **Ит ішпейтін**. Ішуге жарамсыз, ащы. **Ит ішкір.** Арақ. **Итті алдайтын қулық та жоқ**. Қулық-сұмдықты білмейтін сеңгіш, аққөңіл. **Итті шапса ыңқ еткен**. поэт. Өткір қылыш сыны, қылыштың өткірлігін сипаттайтын бейнелі сөз. **Иттің [ғана] баласы.** қарап. а) Ұрысқанда айтылатын балағат сөз. ә) Біреудің қылығына бір жағы қызығып, таңырқап, жақын тартып, бір жағы жақтырыңқырамай тұрғанда өзімсініп айтылатын сөз. б) Оңбаған, жетесіз. **Иттің етінен жек көрді.** Мүлдем көргісі келмеді, сұқаны сүймеді, ұнатпады. **Иттің жорғасындай.** мысқыл. Қалай болса солай, нашар. **Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар**. Әркімнің өзіне лайық бір сүйенері, қорғаушысы бар. **Иттің итақайы.** Кім болса сол, кім көрінген. **Иттің қара тұмсығындай көрді**. жерг. Өлердей жек көрді, иттің етінен жек көрді. **Иттің сырттаны**. миф. Иттің ең жақсысы, қасиеттісі, саққұлақ, қабаған, алғыр, күштісі. **Иттің тойына барамын.** эвф. Түнде бас жууға тура келгенде үйге жамандық келмесін деген ырыммен айтылатын сөз. **Иттің тұқымы.** қарап. Ұрысқанда айтылатын балағат сөз. **Иттің ұлы итақай [байқұтан], иттің итақайы.** Кім болса сол, кім көрінген. **Иттің ырысы**. Иттің иесіне әкелетін несібесі; байырғы наным бойынша, ит иесінің ауқатты тұруын, ырыздығының таусылмауын тілейді, сондықтан қазақта ит болмаса, қалған асы далаға төгіліп, ысырап, обал болады деген [Ел арасындағы әпсана бойынша, адам баласы нанды ысырап еткен сайын, Алланың құдіретімен бидайдың бүкіл ұзына бойына біткен дәндері бірте-бірте сыдырылып, азая түскен тұста, иттің Құдайдан жалбарынып, несібесін азайтпауын сұрағанда бидайдың басындағы дәні түгелдей сыдырылмай тұрып қалған екен]. **Иттің ішіне сарымай жақпайды**. Қадірін білмейтін адамға айтылған жақсы сөз, жасалған жақсылық зая кетеді. **Иті екеш итке бермесін.** Адам түгіл

*итке ауыр, басқа салмасын, басқаға көрсетпесін.* **Иті қырым жерге жүгірген.** *Көп жерді алыс, шалғай жерлерді көрген.* **Иті қырын жүгірді [жүрді].** *Ісі сәтсіз болды; жолы болмады, ісі оңына баспады.* **Итім сене ме?** с ө й л . *Ешкім сенбейді, адам нанғысыз.* **Итің аяң.** *Қайта-қайта кідіріп, әрең-әрең жүретін жүріс.*

**ИТАЙ-ИТАЙ: итай-итай ауруы.** м е д . *Ирригациялық суда кадмиймен ластанған күрішпен уланғаннан болатын созылмалы ауру.*

**ИТАҚАЙ** з а т . к ө н е . **1.** *Иттің күшігі.* **2.** с ө й л . *Иттің кішкентай түрі.*

**ИТАЛАҚАЗ** з а т . з о о л . <лат. tadorna> *Сырт көрінісі қазға да, үйрекке де ұқсас, басы, құйрық қауырсыны қара, жемсауы мен арқасы ақ, көкірегі сарғыш ірі құс.*

**ИТАЛЬЯН** з а т . *Итальяндық.*

**Италян итқонағы.** ө с . <лат. setaria italica> *Астық тұқымдасы итқонақ туысына жататын арам шөптің бір түрі.*

**ИТАЛЬЯНДЫҚ** з а т . *Италия мемлекетінің негізгі тұрғыны.*

**ИТАРБА** з а т . **1.** *Аяғы жаңа шыққан баланы жүруге дағдыландыру үшін арнайы жасалған қоларба.* **2.** *Екі дөңгелекті жеңіл қоларба.*

**ИТАРҚА** з а т . **1.** *Көші-қон кезінде екі керегенің басын түйістіріп тіккен уақытша тұруға арналған баспана.* **2.** с ә у л е т . *Төбежабын. // Итарқаға ұқсас; қырланып келген.*

**Итарқа болу.** ж е р г . *Ұрсысу, керісу, жанжалдасу.* **Итарқа жөң.** ж е р г . *Жөң мен жөңбайдың шағылысынан туған түйенің азғын ұрпағы.* **Итарқа қоспақ.** т ү й е ш а р . *Атасы нар бура не қоспақ бура, енесі – нар мая не қоспақ інген болғандығынан азғын қоспақ атанған будан.* **Итарқа қылды.** *Екі керегенің басын түйістіріп, уақытша баспана жасады.* **Итарқа өркеш.** ж е р г . *Түйенің азғындарында, көбіне, нарлардың азып туғандарында болатын өркеш.* **Итарқасы қозды.** *Ашуланды, қайратқа мінді.* **Итарқасы құрысты.** *Қаһарланып, қайратқа мінді, ашуланды.*

**ИТАРҚАЛА**=е т . **1.** *Итарқа сияқтандырып, үстінен қыр, жал шығару.* **2.** *Екі керегенің басын түйістіріп жасау.*

**ИТАРҚАЛАН =** е т . *Итарқа сияқтанып, үстінен қыр, жал шығарылу.*

**ИТАРҚАЛАУ** *Итарқала етістігінің қимыл атауы.*

**ИТАРҚЫ** с ы н . ж е р г . *Итшілеген, қиын, ауыр.*

**ИТАРҚА-ШАҢЫРАҚСАЛМА** з а т . э т н . *Абылайша, жолым үй, күрке, итарқа, шаңырақсалма сияқты т.б. уақытша тұрғызылатын жеңіл баспаналардың жиынтық атауы.*

**ИТАРШЫ** з а т . **1.** к ө н е . *Кішкене, шәуілдек ит.* **2.** а у ы с . *Біреудің айтағына еріп, сойылын соғушы; жарамсақ адам. // Сыздатып, жанды алған.*

**Итаршы болды**. *Жарымсақтанды, жағымпазданды, жандайшап болды.*

**ИТАРШЫЛАН=** е т . *Жарамсақтану, жағымпаздану.*

**ИТАРШЫЛАНУ** *Итаршылан етістігінің қимыл атауы.*

**ИТАРШЫЛАУ** *Итаршыла етістігінің қимыл атауы.*

**ИТАРШЫЛЫҚ** з а т . *Жарамсақтық, біреудің сойылын соғушылық.*

**ИТАУНАҚ** с ы н . *Ойқыш-ұйқыш.*

**ИТАУРУ** з а т . м е д . *Мешел сияқты созылмалы бала ауруы.*

**ИТАУЫЗ** з а т . ж е р г . *Кіреберіс жер.*

**ИТАЮ** з а т . з о о л . <лат. mellivora capensis> *Сүтқоректілер тобы сусарлар тұқымдасына жататын аң.*

**ИТАЯҚ** з а т . *Итке тамақ құйып беретін ыдыс.*

**Итаяғына сал.** э т н . *Жаңа түскен келін босағасын алғаш аттағанда үй иелерінің жүзік, сақина сияқты заттар сыйлап, «жеке өзіңе бердім» деген мағынада айтылатын тілек сөзі.* **Итаяққа салсаң да**. *Қайда құйсаң да.* **Итаяққа төкті.** *Аяққа таптатты, қадірін білмеді.* **Итаяққа шомылдырды.** э т н . *Баласы тұрмай жүргенде шақалақтысынан ит бауырына аунатып алу сияқты ырым қылып итаяққа салып шомылдырды.* **Итаяқтан ас [сарысу] ішті.** *Қорлық көрді, әбден жапа шекті.* **Итаяқтан сарысу ішкізді.** *Азаптады, қорлады, көзіне көк шыбын үймелетті.*

**ИТАЯҚТАЙ** с ы н . *Итаяқ сияқты, үлкен.*

**ИТӘУРЕ** з а т . *Берекесі кетіп, өзімен-өзі әлек болушылық.*

**Итәуреге салды [түсті].** *Басын қатырды, әбден қинады.* **Итәуремен жүрді**. *Әбден әлек болды, әлектенді.* **Итәуресін шығарды.** *Есін шығарды, әуреге салды.*

**ИТБАЛЫҚ**[1] з а т . з о о л . <фин. norppa> *Негізінен терістік мұхитта, теңізде тіршілік ететін итбалық тәріздес, ескекаяқты, сүтқоректі жануарлардың бірі, еті, майы үшін ауланатын жарғақ табанды хайуанат.*

**ИТБАЛЫҚ**[2] з а т . з о о л . **1.** *Қара суларда кездесетін бақабас ұсақ балық.* **2.** ж е р г . *Тұқы тұқымдас кішігірім өзен балығы.*

**Итбалықтың қатырмасы.** ж е р г . *Наурыз айының екінші жартысында соғатын суық жел.*

**ИТБАС: итбас жарқанаттар.** з о о л . *Қолқанаттылар отрядының бір тармағы, топталып тіршілік ететін құлақ қалқанының шеті жабық хайуанат.* **Итбас жарғанат.** з о о л . *Жарғанаттың бас пішіні итке ұқсас келетін түрі.*

**ИТБЕГІ** з а т . *Аң аулайтын иттерді баптаушы, өсіруші.*

**ИТБӨРІ** з а т . *Ел аузындағы әңгіме бойынша арғы тұқымы қасқырға ұқсас, жабайы болып кеткен ит.*

**ИТБҮЛДІРГЕН** з а т . ө с . <лат. vaccinum vitis ideae> *Қылқанды және аралас ормандарда, тундрада жабайы өсетін, жемісі жеуге жарамайтын, дәмі ащы көкбұта тұқымдас бұталар.*

**ИТҒАЛДАҚ** [ор. тюльпан Тень-Шанский] з а т . ө с . *Қызғалдақтың таулы жерде майда (нашар) түрі. Итғалдақ өте кіші және аласа болады.*

**ИТ-ДҰШПАН** з а т . *Жаулар, жамандық тілейтіндер.*

**ИТЕКТЕ=** е т . *Өнбес жүріспен жүру, итеңдеу.*

**ИТЕКТЕУ=** е т . *Итекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕЛ=** е т . *Жегілу, арбаға, шанаға жегілу.*

**ИТЕЛГІ** з а т . **1.** *Құйрық, қанаты ұзын, мойны ақжағал, кішкене қыран құс.* **2.** с а я т . *Түскен аңын тепкісімен алатын қыран құстардың ішінде баптауға ең көндіккіш, ұсақ аң мен құсқа салатын қаршыға тектес саят құсы.* **3.** з о о л . <лат. falco cherrug> *Сұңқар тәріздiлер отрядына жататын кішкене жыртқыш құс.* **4.** а у ы с . п о э т . *Тегеуріні мықты, епті, алғыр жігіт.*

**Ителгі көзін төңкертіп**. ф о л ь к . *Көзін жаудіретіп, мөлитіп.* **Ителгі құс.** п о э т . *Ителгі.* **Ителгі тобы**. с а я т . *Қыран құстардың табиғи туыстығы, түр ұқсастығы, қабілетіне қарай бір тобы.*

**ИТЕЛГІДЕЙ** с ы н . *Ителгі сияқты.*

**Ителгідей жұтынды**. *Сұқтанды, жаланды мағынасында.*

**ИТЕЛГІШЕ** ү с т . *Ителгіге ұқсап.*

**ИТЕЛЕ**= е т . ж е р г . *Итермелеу, мәжбүр ету.*

**ИТЕЛЕГЕН** з а т . *Иленген терінің шелін сыргілеп айыру үшін қолданылатын теңіз түбінің үгілмелі қожыр ақ тасы.*

**ИТЕМГЕН**[1] з а т . г е о л . <лат. pumice> *Үгілмелі, қожыр, ақ сұр кеуек тас.*

**ИТЕМГЕН**[2] з а т . ө с . *Дәрілік қасиеті бар, улы шөп.*

**ИТЕМШЕК** з а т . м е д . <грек. hidros – тері, aden – без> *Тері бездерінің іріңді қабынуы, оның салдарынан болған ауру.*

**ИТЕҢ** з а т . *Өнбес жүріс, изең.*

**ИТЕҢДЕ=** е т . *Ілгері-кейін кетіп, изеңдеу; тепеңдеу.*

**ИТЕҢДЕТ=** е т . *Ілгері-кейін кетіп, изеңдету; тепеңдету.*

**ИТЕҢДЕТУ** *Итеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕҢДЕУ** *Итеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕПЕ** з а т . к ө н е . *Түйені бас білдіріп үйретерде пайдаланылатын бір басы ашалы ұзын таяқ.*

**ИТЕПЕЛЕ=** е т . *Итепе арқылы бұрын мінілмеген түйеге бас білдіру.*

**ИТЕР=** е т . **1.** *Бір нәрсені тұрған орнынан қозғап жылжыту, сырғыту.* **2.** *Бар пәрменімен қос қолдап келіп соғу, құлата жаздау.* **3.** а у ы с . *Арандату, бір нәрсеге ұрындыру.*

**Итере көтеру.** с п о р т . *Әуелі кеудеге қойып, содан кейін серпіп көтерумен сипатталатын штанганы көтеру әдісі.* **Итеріп жіберу.** с п о р т . *Бильярд ойынында тиген шардың ізімен ұрған шардың жай жылжып, қозғалып кетуі.* **Итеріп салма сөз.** *Шығарып салма, сырғытпа сөз.*

**ИТЕРГІШ** з а т . т е х . *Тиеу орындарында немесе оқпан албарларында вагоншаларды немесе құрамдарды тұтас жылжытуға, сондай-ақ вагоншаларды клетке итеріп кіргізуге арналған механизм.*

**ИТЕРГІШТЕ=** е т . *Үсті-үстіне, қайта-қайта итермелеу.*

**ИТЕРГІШТЕУ** *Итергіште етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕРЕ-МИТЕРЕ** ү с т . с ө й л . *Итергіштеп, күштеп-кимелеп.*

**ИТЕРҚҰЛ** з а т . ж е р г . *Балық тұздағанда аударыстырып, араластыратын құрал.*

**ИТЕРМЕ** з а т . **1.** *Айдап салушылық, арандатушылық.* **2.** а у ы с . *Себепші, түрткі, мұрындық.*

**Итерме кірелеп.** *Ат, арба, өгіз жалдап көшу.*

**ИТЕРМЕЛЕ =** е т . **1.** *Үсті-үстіне итеру, еріксіз ілгері бастыру.* **2.** *Киіп-жару, қағып-соғу.* **3.** а у ы с . *Арандату, мәжбүр ету, мұрындық болу.*

**ИТЕРМЕЛЕУ** *Итермеле етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Арандату, айдап салу, мәжбүр ету.* **2.** *Біреудің айтқанымен жүру, алдауына көну.*

**ИТЕРМЕШІ** з а т . *Себепші, түрткі.*

**ИТЕРТ**=е т . *Бір нәрсені тұрған орнынан қозғап жылжытқызу, сүйреткізу.*

**ИТЕРТУ** *Итерт етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕРУ** *Итер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тұрған орнынан қозғалтып жылжыту.* **2.** а у ы с . *Себепші, түрткі болу.*

**ИТЕРІЛ=** е т . **1.** *Бір нәрседен серпіліп алға ұмтылып, қозғалу.* **2.** а у ы с . *Серпілу, ашылу.*

**ИТЕРІЛУ** *Итерілу етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕРІҢКІРЕ=** е т . *Күштемей, күш салмай итеру, орнынан жылжытыңқырау.*

**ИТЕРІҢКІРЕУ** *Итеріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЕРІС=** е т . **1.** *Бір нәрсені тұрған орнынан бірге қозғасып жылжытысу, сырғытысу.* **2.** *Бар пәрменімен келіп соғысу, бір-бірімен тіресу.*

**ИТЕРІСУ** *Итеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЖАНДЫ** с ы н . *Жаны берік, жаны сірідей, өлермен, сүйретіліп жүріп те өлген-тірілгеніне қарамай әрекет етіп жүре беретін. // Жаны берік, жаны сірідей, өлермен, сүйретіліп жүріп әрекет ете беретін адам.*

**ИТЖЕЙДЕ** з а т . к ө н е . э т н . ***Иткөйлек*** *(жаңа туған балаға кигізетін тігісі сыртына қараған көйлек, жейде).*

**Итжейдені бірге тоздырды**. *Қатар өсті, құрдас болды.* **Итжейдені ерте тоздыру**. *Жасы үлкен болу.*

**ИТЖЕККЕН** з а т . **1.** т а р . *Ресей отаршылық бодауы кезеңінде ауыр қылмысты болғандарды жазалап, жер аударатын Солтүстік Сібір жақ.* **2.** *Айдау, қылмысы үшін жер аудару жазасы.*

**Итжекkенге айдады**. т а р. *Ауыр қылмысты деп соттап, жазасына Қиыр Солтүстікке жер аударды.* **Итжекkенге айдатты**. а) т а р. *Ауыр қылмысты деп соттатып, жазасына Қиыр Солтүстікке жер аудартты.* ә) *Алысқа, қиыр, қиянға жер аударды.* **Итжеккенде жүрді.** *Жаны қиналып, үнемі азап кешті, жанашырларынан жырақта жүрді.*

**ИТЖЕЛЕК** з а т. ө с. *Шатыршагүлдер тұқымдасы ақжелкек туысына жататын өсімдік. Ақжелектің жабайы өскен түрі.*

**ИТЖЕМЕ** з а т. *Қорлық, азап, ешкімге керегі жоқ болушылық, сұраусыздық.*

**Итжемеде қалды [кетті].** *Итқорлыққа түсті, азапта қалды.* **Итжемеде қырылды**. *Азапта, итқорлықта жаппай өлді.*

**ИТЖЕМЕС** з а т. с ө й л. ***Итжеме.***

**ИТЖЕМІ** з а т. с ө й л. ***Итжеме.***

**Итжеміге тастады [итжемі қылды].** *Рақымсыздық, тасбауырлық көрсетті; қорлады, азапқа салды.*

**ИТЖЕМІС** з а т. ө с. ***Итшомырт.***

**ИТЖЕРІК** з а т. *Екіқабат әйелдің белгілі бір тамаққа аңсары ауып, құмарланушының немесе жүрегі айнуының басылмайтын түрі, көпке созылатын жерік.*

**ИТЖИДЕК** з а т. ө с. <лат. atropa belladonna> *Майда, домалақ жемісі жеуге жарамайтын алқа тұқымдасына жататын көпжылдық жарықсүйгіш, шөптесін өсімдік.*

**ИТЖОРТАҚ** с ы н. *Өнбейтін, өндірмейтін жүріс.*

**Итжортақ жүріс.** *Бірқалыпты, баяу, жай жүріс.*

**ИТЖУСАН** з а т. с ө й л. ***Ойраншөп.***

**ИТЖҮЗІМ**[1] з а т. ө с. <лат. bryonia> *Жазық жерлер мен тау аңғарларында, сондай-ақ, орман шеті мен бұталар арасында өсетін ұсақ жемісті асқабақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ИТЖҮЗІМ**[2] з а т. ө с. *Қаралқан (паслен). Үй ауларында, картоп өсірген жерде өсетін, биіктігі 30-70 см-дей болатын біржылдық өсімдік. Сабағы көп бұтақты, гүлі ақ, жемісі көкшіл қара түстікеледі.*

**ИТЖҮН** з а т. ж е р г. *Бұзауда болатын сүйек ауруы.*

**ИТЖЫҒЫС** з а т. **1.** *Күреске түскен адамдардың бірін-бірі жеңе алмай, тең түсуі.* **2.** с п о р т. *Қазақша күресте екі балуанның бірін-бірі жеңе алмай, тең күш көрсеткенін, жекпе-жектің тең аяқталғанын білдіретін термин.* **3.** а у ы с. *Кімнің жеңгені белгісіз, негайбыл болушылық.*

**Итжығыс түсті.** *Бірін-бірі жығып кете алмады, тең аяқталды.*

**ИТЖЫНЫС** з а т. *Ит тұмсығы өтпейтін қалың, ну орман, тоғай, т.б.*

**ИТИ** з а т. в е т. *Мал ауруының мешел сияқты түрі.*

**ИТИ**=е т. **1.** *Құлап кетердей, әрең, ілмиіп тұру.* **2.** а у ы с. *Өте арық, жүдеу көріну; имию.*

**ИТИЕ** з а т. ж е р г. *Баланың сүйек туберкулезі.*

**ИТИКАД** з а т. д і н и. *Құдай сөзінің ақиқаттығына терең сену, діннің (иман) үш қағидасының бірі.*

**ИТИКАФ** з а т. д і н и. *Уақытын өз еркімен мешітте өткізу, шариғат заңы бойынша ислам діниндегі ерікті ғибадат түрі.*

**ИТИТ=** е т. *Құлап кетердей, ілгері қарай еңкейту, ілмиту.*

**ИТИТУ** *Итит етістігінің қимыл атауы.*

**ИТИЮ** з а т. в е т. ***Ити*** *(мал ауруының рахит сияқты түрі).*

**ИТИЮ** *Ити етістігінің қимыл атауы.*

**ИТКЕНДІР** з а т. ө с. <лат. eupatorium>. *Күрделігүлдер тұқымдасына иткендір туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ИТКЕНЕ** з а т. *Иттің жүнінде болатын кененің бір түрі.*

**ИТКӨЙЛЕК** з а т. э т н. *Жаңа туған балаға қырқынан шығарылғанша кигізетін, тігісі сыртына қараған көйлек.*

**Иткөйлекті бұрын тоздырған.** *Жасы аздап үлкен деген мағынада.*

**ИТКӨҢІЛ** с ы н. *Тұрақсыз, әр нәрсені бір көксей беретін.*

**ИТКӨСІК** з а т. ө с. ***Татар сасыры*** *(Шатыршагүлдер тұқымдасы, сасыр туысына жататын өсімдік).*

**ИТКҮРКЕ** з а т. *Иттің ұяшығы, күрке сияқты жасалған үйшігі.*

**ИТКҮШӘЛА** з а т. ө с. *Тамыр-сабағы (пиязшығы) улы болады, құмды жерде өсетін күшәланың бір түрі.*

**ИТ-КҮШІК** з а т. *Ит пен күшік, ит пен оның итақайы.*

**Ит-күшіктен сауын болмас**. *Пайдасы жоқ нәрседен ештеңе де өнбес.*

**ИТКІ** с ы н. ж е р г. *Құныс, букір.*

**ИТКІРМЕС** з а т. с ө й л. *Киіз үйдің ағаш есігі; сықырлауық.*

**ИТКИЯН** с ы н. ж е р г. *Айдала, жырақ, алыс (жер).*

**ИТҚОҒА** з а т. ө с. *Қоға тұқымдас сулы жерде өсетін өсімдік.*

**ИТҚОНАҚ** з а т. ө с. <лат. setaria>. *Көбінесе тарымен бірге өсетін астық тұқымдасы, итқонақ туысына жататын арам шөп.*

**ИТҚОРЛЫҚ** з а т. *Азап, мехнат, қиыншылық; адам көргісіз қиындықты көрушілік. // Азапты, мехнаты көп, қиындықты.*

**Итқорлығын [итқорлықпен] көрсетті [жүргізді]**. *Азап тарттырды, қиыншылық көрсетті, ауыр халге тап қылды, көресіні көрсетті, азаптады.* **Итқорлықта өлді**. *Азап шегіп өлді, көрмегенді көріп дүниеден өтті.* **Итқорлықта ұстады**. *Адам төзгісіз жағдайда жүруге мәжбүрледі.* **Итқорлықтан шықты**. *Азаптан босады.*

**ИТ-ҚҰЗҒЫН: ит-құзғынға жем болды**. а) *Далада қалды, қасқырға жем болды.* ә) *Ит өліммен өлді, көмусіз қалды.*

**ИТҚҰЙРЫҚ**[1] з а т. ө с. ***Карелин сасыры*** *(шатыршагүлдер тұқымдасы сасыр тусына жататын өсімдік).*

**ИТҚҰЙРЫҚ**[2] з а т. қ о л ө н е р. *Ұшы жоғары қарай қайқайып тұрған иттің құйрығын бейнелейтін өрнек түрі.*

**ИТҚҰЛАҚ**[1] з а т. с ө й л. *Құлақшын түрі.*

**ИТҚҰЛАҚ**[2] з а т. ө с. с ө й л. ***Іліктаран*** *(жазық жерлерде өсетін, иттің құлағына ұқсас өсімдік).*

**ИТҚҰС** з а т. э в ф. ***Қасқыр.*** **2.** а у ы с. *Кім көрінген, қайдағы біреулер, тексіздер.*

**Итқұсқа жем болды.** *Қасқырға азық болды.*

**ИТ-ҚҰС: ит-құс жолдас болды**. *Түзде қаңғырып қалды, елсіз, жыртқыш аң мен құс бар жерде жүрді.*

**ИТҚҰСЫҚ** з а т. ө с. <лат. schumannia>. *Шатыршагүлдер тұқымдасы, итқұсық туысына жататын өсімдік.*

**ИТҚЫЗҒАЛДАҚ** *Гүлі майда, нәзік, қызыл түсті болып келетін көкнар өсімдігінің жабайы түрі.*

**ИТМҰРЫН** з а т. ө с. **1.** <лат. rosa>. *Раушангүл тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын, майда жемісі бар, тікенді бұта не шырмауық түріндегі дәрілік өсімдік.* **2.** *Жемісі ұсақ, қызыл, гүлдері хош иісті, қалың болып өсетін тікенді бұта.*

**Итмұрын жемісі.** *Раушангүл тұқымдасына жататын, тікенді бұта не шырмауық өсімдіктің дәрілік қасиеттері бар, әртүрлі мақсаттарда пайдаланылатын ұсақ жемісі.* **Итмұрын тосабы**. т а м а қ. *Итмұрынның жемісінен жасалған тосап.*

**ИТМҰРЫНДАЙ** с ы н. *Итмұрын сияқты, тікенектей.*

**ИТМІНЕЗ** з а т. **1.** *Дөрекі, аяқ астынан ашуланатын жаман мінез.* **2.** п с и х. *Адам бойындағы керегарлық, құлықсыздық, бейшаралық, жексұрындық секілді жағымсыз қылықтар жиынтығы.*

**ИТМІНЕЗДІЛІК** з а т. п с и х. *Керегарлық, құлықсыздық, бейшаралық, жексұрындық сияқты жағымсыз қылықтар тән болушылық.*

**ИТОШАҒАН** з а т. ө с. <лат. bidens>. *Күрделігүлділер тұқымдасы итошаған туысына жататын біржылдық тікенді шөптесін өсімдік.*

**ИТӨКТЕ =**е т. ж е р г. *Бір-біріне қосып, жинақтау.*

**ИТПЕ** з а т. *Түйенің сілбесіне қоса бекітілген қысқа келген бау, жіп.*

**ИТПЕК** з а т. ж е р г. *Түйеге бас білдіру үшін мұрындыққа өткізетін аша ағаш.*

**ИТПЕКТЕ=** е т. *Жүрісі өнбеу, митыңдау.*

**ИТПЕКТЕТ=** е т. ***Митыңдату.***

**ИТПЕКТЕТУ** *Итпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ИТПЕКТЕУ** *Итпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИТ-РӘСУА**: **ит-рәсуа болды [етті].** *Ысырап болды, текке, босқа кетті.*

**Ит-рәсуа қылды**. а) *Босқа шашты, ысырап қылды.* ә) *Есін шығарды, әбден састырды.* **Ит-рәсуасын шығарды.** *Берекесін кетірді, мазасын алды.*

**ИТСАБЫН** з а т. ө с. с ө й л. ***Көпүйлі жарықдәрі*** *(қалампыр тұқымдасы жарықдәрі туысына жататын өсімдіктің бір түрі).*

**ИТСАДАҚ** з а т. ө с. *Қопалы, сулы жерлерде өсетін өсімдік.*

**ИТСИГЕК** з а т. ө с. <лат. anabasis aphylla>. **1.** *Алабұталар тұқымдасы бұйырғын туысына жататын біржылдық шала бұталы өсімдік, жапырақсыз бұйырғын.* **2.** *Бұйырғын туысына жататын, ащы от болып табылатын малазықтық өсімдік. // Итсигек қалың өскен жер.*

**ИТСІЗ** с ы н. *Иті жоқ.*

**ИТТАБАН**[1] з а т. ө с. <лат. frankenia>. *Қаламтыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Иттабан сораң.** <лат. frankenia pulverulenta> *Иттабандар тұқымдасы иттабан туысына жататын шөптесін өсімдік.* **Иттабан тұқымдасы**. б о т. ***Иттабандар.***

**ИТТАБАН**[2] з а т. қ о л ө н е р. *Көбінесе ағаштан жасалған бұйымдарда жиі кездесетін қазақ қолөнеріндегі өрнек түрі.*

**ИТТАБАНДАР** з а т. б о т. <лат. frankeniaceae> *Бір және көпжылдық шөптесін, кейде бұташық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ИТТАРТЫС** з а т. **1.** к ө н е. *Арқантартысқа ұқсас көне ойын түрі.* **2.** а у ы с. *Ұрыс-керіс, жанжал-шу.*

**ИТТЕЙ** ү с т. *Ит сияқтанып, итке ұқсап.* **2.** а у ы с. *Мейлінше, әбден, қатты, мықтап.*

**Иттей арсылдады.** *Жөн-жосықсыз беттен алды.* **Иттей болды.** *Зықысы шықты, титықтады, берекесі кетті; қор болды.* **Иттей езгіледі.** *Быт-шытын шығарып ұрды, мылжа-мылжасы шыққанша сабады.* **Иттей күйледі.** ж а ғ ы м с ы з. *Бір-бірінің аузын жаласып, әмпей-жәмпей болып алды.* **Иттей қор қылды**. *Қатты жапа шекті, әбден қорлады, азаптады.* **Иттей қылды.** *Масқара етті, қорлады.* **Иттей сабады**. *Қатты ұрды, қамшының астына алды.* **Иттей сүйреді.** *Адам демеді, қорлады, қатыгездікпен өлтірді.* **Иттей талады.** а) *Жан-жақтан қаумалап, түрткілеп, есін шығарды; сұрақтың астында қалдырып састырды.* ә) *Айтысып-жұлысты, ұрысып-керісіп, бақталасты.* **Иттей ұлыды.** *Жылады; зар қақты.* **Иттей ұлып қалды.** *Адасқан, жұртта қалған иттей, жалғыз зарлап қалды.* **Иттей үрді.** *Беттен алып, арсылдады, айғайлап ұрысты.*

**ИТТЕН=** е т. *Итшілеу, қадірсіз болу, қадірқасиеті кету; жанын қинау.*

**ИТТЕНУ** *Иттен етістігінің қимыл атауы.*

**ИТТЕПКІ: иттепкі көрді.** *Азап шекті.*

**Иттепкінің астына алды**. а) *Аямай ұрды, көк ала қойдай сабады, қорлады.* ә) *Тоз-тозы шыққанша мінді.*

**ИТТЕРБИЙ** зат. хим. *Химиялық элементтер кестесіндегі рет саны жетпісінші химиялық элемент (Yb).*

**ИТТЕС** сын. *Араздас, бақталас, күндес.*

**ИТТЕС=** ет. *Алакөздену, араздасу, ұрсысып-керісу.*

**ИТТЕСУ** *Иттес етістігінің қимыл атауы.*

**ИТТИСАЛ** зат. діни. *Жан дүниесімен Құдайға құлшылық етіп отырған кездегі Құдаймен тілдескендей болатын күй.*

**ИТТИФАҚ** [ар. اتفاق] зат. көне. *Келісім, бір ымыраға келушілік.*

**ИТТИХАД** [ар. إتحاد] зат. діни. *Сиыну кезінде адамның жаны мен жүрегінің Құдаймен жақындасуы.*

**ИТТРИЙ** зат. хим. *Химиялық элементтер кестесіндегі рет саны отыз тоғызыншы химиялық элемент (Y).*

**ИТТҮЙНЕК** зат. кәс. *Піспей, өспей қалып қойған қауын.*

**ИТТІ** сын. *Иті бар.*

**ИТТІК** зат. **1.** *Итке тән қасиет.* **2.** ауыс. *Адамшылыққа жатпайтын қылық; оңбағандық.* // *Итке тән.*

**Иттігі жоқ.** *Таршылық етпейді; қызғанбайды, қиянаты жоқ.* **Иттігін көрді.** *Қиянат көрді, жамандығының зардабын шекті.* **Иттік етті [қылды]**. *Оңбағандық жасады.* **Иттікпен мал тапты**. *Арам жолмен байыды, дүние жинады.*

**ИТТІКЕН**[1] зат. *Тікеннің ұйысып өсетін майда түрі.*

**ИТТІКЕН**[2] зат. өс. сөйл. ***Итошаған.***

**ИТТІС**[1] зат. өс. ***Қандық*** *(лалагүлдер тұқымдасы, қандық туысына жататын өсімдік).*

**ИТТІС**[2] зат. қолөнер. *Үлкен-үлкен етіп шалып тігілетін тігіс.*

**Иттіс шалып.** *Иттіс тігіспен шалып тігіп.*

**ИТШАБАҚ**[1] зат. жерг. *Ұсақ балықтар.*

**ИТШАБАҚ**[2] зат. зоол. *Құрбақаның әлі ұлкеймеген түрі, уылдырықтан жаңа шыққан кезі.*

**ИТШАНА** зат. жерг. *Үлкен ыдыстармен су әкелетін кішкене шана.*

**ИТШЕ** үст. **1.** *Ит секілді, ит тәрізді.* **2.** жағымсыз. *Құр бос салпақтап, ойсыз еріп.*

**Итше еркелеп.** *Жағымсынып.* **Итше жұлқысты.** *Таласты, алысты, жағаласты.* **Итше қапты**. *Беттен алып, төске шапты, ұрысып-зекіді.* **Итше өшікті**. *Ызаланып, кектенді.* **Итше сүйреді.** *Масқаралады, қорлады.* **Итше талады.** *Жанжақтан анталады, түгін қалдырмады.* **Итше таласады.** *Болар-болмас нәрсе үшін жағаласты, араз болды.* **Итше тепкіледі.** *Бас-көз демей ұрды, аямай соқты.* **Итше ұлыды.** *Қоймай жылады, жылап отырып алды.* **Итше ылықты**. *Үйме-жүйме болып, бос жүрді, ары-бері сенделді.* **Итше ырылдады.** *Қоймай көп жылады (бала туралы).* **Итше ырылдасты.** *Ұрсысып-керісті.*

**ИТШЕГІРГҮЛ** зат. өс. <лат. viola canina> *Шегіргүл тұқымдасы шегіргүл туысына жататын өсімдік түрі.*

**ИТШОМЫРТ** зат. өс. <лат. frangula>. *Каражемістер тұқымдасы, итшомырт туысына жататын жемісі шар тәріздес бұта.*

**ИТ-ШОШҚА** зат. экспр. *Оңбаған, адам емес, лас ойлы.*

**ИТШУ** зат. өс. <лат. asparagus officinalis>. *Лалагүлдер тұқымдасы, қасқыржем туысына жататын өсімдік түрі, жабайы қасқыржем.*

**ИТШІЛ** сын. *Итті жақсы көретін, итке үйір.*

**ИТШІЛЕП** үст. **1.** *Итәуреленіп, мазасы болмай, берекесі кетіп, зорға дегенде.* **2.** *Қиындық көріп, азап шегіп, ілдалдалап.*

**Итшілеп жүрді**. *Зорға-зорға күнелтті, әйтеуір өлмешінің күнін көрді.*

**ИТШІЛЕН=** ет. *Итәурелену, қиындықпен өткеру.*

**ИТШІЛЕНУ** *Итшілен етістігінің қимыл атауы.*

**ИТШІЛЕТ=** ет. *Итәурелету, қиындық көрсету.*

**ИТШІЛЕТУ** *Итшілет етістігінің қимыл атауы.*

**ИТШІЛЕУ=** ет. *Итәуреге түсу, азап шегу.*

**ИТШІЛІК** зат. **1.** *Адамшылықтан кетушілік, оңбағандық.* **2.** *Итәуре, азап, қорлық.*

**ИТЫЗ** зат. жерг. *Егін-жай, егістік.*

**ИТЫРЫҚТА=** ет. *Титықтап шаршау.*

**ИТЫРЫҚТАУ** *Итырықта етістігінің қимыл атауы.*

**ИТЫРЫЛДАМАС** зат. жерг. ***Итырылдар***.

**ИТЫРЫЛДАР** зат. этн. *Қалыңдығына алғаш келген күйеу жігіттің киіз үй есігінің аузындағы кемпірге беретін кәдесі [Киіз үйге кірер кезде есік аузында отырған кемпір күйеу жігіттің көйлегінен, киімінен тістеп немесе ұстап сый алмай жібермейді].*

**ИТІКЕ** зат. жерг. *Түрме, абақты.*

**ИТІН=** ет. **1.** *Алға қарай ұмсыну, төну.* **2.** ауыс. *Біреуден дәмету, еміну.*

**ИТІНДІР=** ет. *Алға қарай еңкейту, қисайту.*

**ИТІНДІРУ** *Итіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ИТІНЕКТЕ=** ет. жерг. *Кимелеу.*

**ИТІНУ** *Итін етістігінің қимыл атауы.*

**ИТІНШЕК** сын. **1.** *Тартыншақ, шегіншек.* **2.** *Кертартпа, ескі күйден өзгермейтін, дамымайтын.*

**Итіншек түйе.** жерг. *Ретсіз алға сұғына беріп әдеттенген, жетектегі не тіркеудегі жүрісі жайсыз түйе.*

**ИТІНШЕКТЕ=** ет. *Тартыншақтау, шегіншектеу.*

**ИТІНШЕКТЕУ** *Итіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**ИТІНІҢКІРЕ=** ет. *Ілгері қарай ұмтылыңқырау.*

**ИТІНІҢКІРЕУ** *Итініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИТІНІП-ТАРТЫНЫП** үст. *Бір ілгері, бір кейін кетіп.*

**ИТІҢ: итің аяң.** *Бір алға, бір артқа қозғалып, әрең жылжитын баяу жүріс.*

**ИТІРҚЫЛЖЫҢ** зат. сөйл. ***Ит ырқылжың.***

**ИТІС-ТАРТЫС** зат. **1.** *Іркес-тіркес, бірі жоғары, бірі төмен.* **2.** ауыс. *Ұрыс-керіс, даудамай; ит ырқылжың.*

**ИТІШЕК** зат. өс. <лат. cuscuta indika> *Арамсояулар тұқымдасы, арамсояу туысына жататын өсімдік түрі, үнді арамсояуы.*

**ИУДАИЗМ** зат. діни. *Ежелгі еврей тайпаларын құрушы мифтік Иегуданың атынан шыққан, негізінен еврейлер арасында кең тараған ең көне діндердің бірі.*

**ИФЗАНИТТЕР** зат. кен. *Қолданылатын жерде дайындалатын, құрамында суы бар аммиак селитарлы жарылғыш заттар тобы.*

**ИФРАТ** [ар. افراط] зат. діни. *Белгіленген мөлшерден көп ауытқып артық кетушілік, тым шектен шығушылық.*

**ИФРИТ** [ир. عفريت] зат. діни. **1.** *Араб мифологиясында жыннан да малғұн, сонымен туыстас, жын сияқты сиқыр жасай алатын еркек текті тозақтың ең төменгі қабатындағы зұлымдық, қара күш иесі.* **2.** *Құранда аты аталған жын, көпше мағынасындағы жын-шайтандардың ортақ аты.*

**ИФТАР** зат. діни. *Ауызашар, мұсылман дінінде рамазан айының оразасын ұстаған адамдардың ауызашарына арнайы дайындалатын ас.*

**Ифтар берді**. діни. *Рамазан айында ораза ұстаған адамға ауызашар жасады.*

**ИХЛАСИЯ** зат. көне. *Адалдық, адал ниеттілік, берілгендік.*

**ИХНОЛОГИЯ** [грек. ichnos – із, logos – зерттеймін] зат. археол. *Құрып кеткен көне ағзалар тіршілігінің іздерін зерттейтін палеонтология саласы.*

**ИХНОФИТОЛОГИЯ** [грек. ichnos – із, phyton – өсімдік, logos – зерттеймін] зат. бот. *Палеоботаниканың өсімдік таптарын зерттейтін тарау.*

**ИХРАМ** [ар. إحرام] зат. діни. **1.** *Ұзақ сапарға – қажылыққа немесе кішігірім сапарға – умраға қол тапсыруға шыққан адамның ерекше көңіл-күйі.* **2.** *Қажылыққа немесе умраға барған адамның киетін арнайы киімі.*

**Ихрам байлады**. *Қажылықта киетін арнайы киімге оранды, ихрам киді.*

**ИХСАН** [ар. احسان] зат. діни. **1.** *Құран бойынша діни міндеттерді өтеу, ғибадат ету кезіндегі шынайылық, екіжүзділікке қарама-қарсы ұғым.* **2.** теол. *Сенім категориясы таза ақылмен анықтала алмайтындықтан және адам баласы санасының мүмкіндігі Алланы толық тануда шектеулі болғандықтан, дінді ақыл талқысына салмай қабылдау, оның барлық міндеттері мен ғибадаттарын тексерусіз орындау.* **3.** *Ынталылық, ықылас, адал ниеттілік, кішіпейілдік.* **4.** *Ізгі амал, жақсылық.* // *Жарқын, игілігі мол.*

**Ихсаны кесілмеген.** *Көкірегі ояу, иманы бар, ниеті адал, ізгілікті ұмытпаған.* **Ихсан қылды**. *Ізгі амал, жақсылық жасады.*

**ИХСАНДЫ** сын. *Ізгілікті, адал ниетті, шын берілген.*

**ИХСАНДЫҚ** зат. *Кеңпейілділік, ізгілік, игілік, қайырымдылық, кешірімділік.*

**ИХТИҚАТ** [ар. اعتقاد]. зат. **Ыждағат.**

**ИХТИЛАЛ** зат. көне. *Бүлік, бүліншілік.*

**ИХТИЛАЛШЫ** зат. көне. *Бүлікшіл, бүлік шығарушы.*

**ИХТИОГЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. зоол. *Балықтардың жерсінуі туралы, соған қатысты.*

**ИХТИОЗ** [грек. ichthys] зат. мед. *Адам және малда кездесетін созылмалы, тұқым қуалайтын тері ауруының бір түрі.*

**ИХТИОЗАВР** [грек. ichthys – балық, sauros – кесіртке] зат. зоол. *Ертеде теңіздерді мекендеген дене пішіні балық тәрізді, тұмсығы сүйір, ірі жыртқыш.*

**ИХТИОЗАВРЛАР** [грек. ichthys – балық, sauros – кесіртке] зат. зоол. *Жойылып кеткен бауырымен жорғалаушылардың түп тармағы.*

**ИХТИО...** *Мағынасы "балық" сөзіне тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ИХТИОЛ** [грек. ichthys – балық, oleum – май] зат. мед. *Қазба байлықтардың өнімдерінен алынатын май тәріздес аузы шықпаған іріңді жараларға жағатын дәрілік заттек.*

**Ихтиол майы.** *Жараға жағатын, ихтиолдан жасалған қара қоңыр түсті қою дәрі.*

**ИХТИОЛОГ** зат. терм. *Балық тіршілігін зерттеуші ғалым.*

**ИХТИОЛОГИЯ** [грек. ichthys – балық, logos – ілім] зат. терм. *Балықтардың тіршілігін зерттейтін зоология ғылымының бір саласы.*

**ИХТИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. зоол. *Ихтиологияға қатысты.*

**ИХТИОРНИСТЕР** [грек. ichthys – балық, ornis – құс] зат. зоол. *Жойылып кеткен желпуішқұйрықты құстардың отрядтан жоғары тобы.*

**ИХТИОСТЕГИДТЕР** [лат. ichthyostegalia] зат. зоол. *Жойылып кеткен көне, доға омыртқалы қосмекенділердің отряды.*

**ИХТИОФАГ** [грек. ichthys – балық, phagos – жейтін] зат. зоол. *Негізгі қорегі балық болып табылатын жануар.*

**ИХТИОФАУНА** [грек. ichthys – балық, лат. fauna] зат. зоол. *Су қоймасы аумағында белгілі бір уақыт пен кеңістікте тарихи түрғыда қалыптасқан балықтардың жүйелі топтамасы.*

**ИХТИОФТИРИОЗ** зат. балықшар. *Тоғанда өсірілетін көптеген тұщы су және теңіз балықтарының инвазиялы ауруы.*

**ИХТИЯТТА=** ет. ескікіт. ***Ыждағаттау.***

**ИҺТИҚАТ** зат. ескі кіт. ***Ыждағат.***

**ИШАН** з а т . д і н и . **1.** *Халық арасында діни сауат ашу, ғибадат айту қызметін атқарып жүрген діни сауатты адамға берілетін қазы, имам тәрізді лауазым болып саналмайтын діни атақ.* **2.** *Діни ғұлама, діни ұстаз.*

**Ишан болу**. *Ишандық қызметін атқару.* **Ишанға қол тапсырды.** д і н и . *Ишанның жолын қуды.*

**ИШАНДЫҚ** з а т . д і н и . *Ишан болушылық.* // *Ишанға тән.*

**Ишандық дағуа**. *Имандық уағыз, діни мазмұндағы сөз.*

**ИШАНША** ү с т . *Ишанға ұқсап.*

**ИШАРА** [ар. إشارة] з а т . *Түрлі ым-белгі, тұспал, нышанмен ойын жеткізу тәсілі.*

**Ишара берілді**. *Белгі жасалды, ыммен, қимылмен бір істі орындау бұйырылды.* **Ишара етті [жасады].** *Амандасуды, қоштасуды, мақұлдауды және т.б. жағдайды білдіретін қимыл-белгі жасады.* **Ишара қылды**. *Ойын сөзсіз, қимыл, ым арқылы білдірді.* **Ишара сөз**. *Тұспалмен айтылған, ойды астарлап жеткізетін сөз.*

**ИШАРАЛА=** е т . **1.** *Қимыл-белгімен, ыммен т.б. мегзеп, тұспалдап, түсіндіру.* **2.** *Астарлау, тұспалдау, ашық айтпай, жасырып жеткізу.*

**ИШАРАЛАУ** *Ишарала етістігінің қимыл атауы; астарлау, ойды тұспалдап жеткізу.*

**ИШАРАТ** [ар. إشارة] з а т . **1.** *Айтпақ ойды түрлі ым, қозғалыс, қимыл-белгі арқылы білдіру әдісі.* **2.** *Тұспалмен айтылған астарлы, жасырын мағыналы сөз.* **3.** *Белгі, нышан.* **4.** *Сыңай танытушылық, бір нәрсе туралы сөзін тура айтпай, қимыл-әрекетімен ниетін білдірушілік.*

**Ишарат етті.** *Белгі берді, ымдады.* **Ишарат қылды**. а) *Айтпақ ойын қимыл-қозғалыс, ым-белгі арқылы жеткізді.* ә) *Белгі етті, нышан етті.* б) *Айтпақ ойын астарлы сөзбен, жасырын мағынамен, тұспалдап жеткізді.* в) *Қандай да бір іске шақыратын, бастайтын белгі берді, бір нәрсеге дайын екеніне сыңай танытты.* **Ишарат сөз**. *Негізгі айтпақ ой астарланып, тұспалданып берілген сөз.* **Ишарат тілі.** л и н г в . *Қандай да бір ойды, ақпаратты тілдік бірліктер арқылы емес, қалыптасқан таңбалық қызметі бар қимыл-қозғалыс, ым арқылы жеткізетін құралдар жүйесі.*

**ИШАРАТСЫЗ** ү с т . *Белгі бермей, тұспалдап жеткізбей, ымсыз.*

**ИШАРАТТА=** е т . *Ишаратпен білдіру, белгі беру, дабыл қағу, ымдау.*

**ИШАРАТТАУ** *Ишаратта етістігінің қимыл атауы.*

**ИШЕМИЯ** [лат. ischaemia] з а т . м е д . *Ағзаға қанның жеткіліксіз келуіне байланысты немесе қанның келуінің толық тоқтауына байланысты жергілікті қан айналымының бұзылуы.*

**ИШИАС** [грек. ischias] м е д . *Құйымшақ жүйкесінің невралгиясы.*

**ИШРАК** з а т . д і н и . *XII ғасырда мұсылмандықта пайда болған аян беру философиясы.*

**ИШРАКШЫЛАР** з а т . д і н и . *Ишрак философиясын ұсынушылар, ұстанушылар, соны зерттеушілер.*

**ИШТАПА** з а т . е с к і к і т . *Табалаушылық, біреудің қайғы-қасіретіне қуанушылық.*

**ИШТИҺА** с ы н . е с к і к і т . *Ықыласты, тілектес.*

**ИШІ** з а т . *Тері илеуші, мал мен аң терілерін илеп өңдеуші кәсіп иесі.*

**ИШІЛІК** з а т . *Тері илеушілік.*

**ИШІМТАС** з а т . *Асыл тастың бір түрі.*

**ИЩА: ища [ищай] десседі [дескен жоқ].** *Әй-шәй деспеді; тату-тәтті болды.*

**ИЩА-АЙ** о д . *Дене тоңып, қатты түршіккенде, тітіркенгенде айтылатын сөз.*

**ИЫҚ**[1] з а т . **1.** а н а т . <лат. brachium> *Адамның әртүрлі сүйектерден, буыннан, бұлшық ет жүйесінен тұратын мойыннан қолға дейінгі бөлігі.* **2.** *Адамның мойыннан қолға дейінгі бөлігі.* **3.** с ө й л . ***Бұғана.*** **4.** *Жең түбінің үстінгі жағы, киімнің иіні.* **5.** а у ы с . *Бір нәрсенің жотасы, қыры, биіктеу жері.* **6.** *Орындық, диван т.б. сияқтылардың арқалығының ұшы.*

**Иығы асты.** *Еңсесі биіктеді, тұлғасы зор көрінді.* **Иығына асылды.** *Еркеледі, назданды.* **Иығы биіктеді.** *Иығы көтерілді.* **Иығы босады.** *Демалды, бір істің соңына жетіп тынықты.* **Иығы бүтінделді.** *Тәуір киінді, киімі түзелді.* **Иығы жауыр болды**. *Әбден әбігерленді, қажыды, бейнет өтіп кетті.* **Иығы көтерілді.** *Мерейі өсті, мәз болды.* **Иығына жапты.** *Бағалы киім кигізді, сый берді.* **Иығына мініп алды.** *Еңсесін көтертпеді.* **Иығынан жүк түсіргендей**. *Босаңсытып, дамыл бергендей.* **Иығынан күлді.** ж е р г . ***Миығынан күлді.*** **Иығынан түспеді.** *Мойнына мініп алды, ығыр қылды, шаршатты.* **Иығымен көтерді**. *Ауыртпалығын көрді.* **Иығына шықты.** *Басынды, баса-көктеп биледі.* **Иығына ілді.** *Сырт киім киді, жамылды.* **Иығына салды.** *Орамал, шәлі сияқты т.б. нәрсені арқасына жамылды.* **Иығына су кетті.** *Еңсесі түсті, салы суға кетті.* **Иығы салбырады.** *Жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Иығы тең.** *Терезесі тең; ешкімнен кем емес.* **Иығы түсті.** *Үнжырғасы түсті; қамықты, жасыды.* **Иықта шаш.** п о э т . *Мойнынан кеудесіне түскен қыздың қолаң шашы, бұрымы.* **Иығын қиқаң еткізді.** *Келіспегендік қимыл ишарасын білдірді.* **Иығын қомдады.** а) *Иығын көтерді, ілгері қарай қозғады.* ә) *Түсінбегендік, білмегендік кейіп білдірді; иығын қиқаң еткізді.* **Иығын шаруа езді.** *Шаруаға жегілді, жұмысбасты болды.* **Иық буыны.** а н а т . <лат. articulatio humeri> *Жауырын мен тоқпақ жіліктің астасқан жері; иін.* **Иық көрсетті.** *Кеуде көтерді, күш көрсетті.* **Иық көтеру.** *Теңдікке қолы жету.* **Иық қомдасты.** *Түсінбегендік кейіп білдірісті, аңтарысып қалды.* **Иық сүйесті.** *Селбесіп, бір-біріне көмектесті.* **Иық сүйесіп, күн көрді.** *Селбесіп бір-біріне көмектесті.* **Иықты қомпаң еткізді.** *Екі иықты көтеріп, білмейтін ишарат білдіреді.* **Иықты [иығын] қиқаңдатты.** а) *Аңтарылғанды, не істерін білмей сасып қалғанды білдіретін қимыл ишаратын жасады.* ә) *Білмейтін, менің мұнда қатысым жоқ немесе келіспеймін дегенді білдіретін қимыл ишаратын жасады.* б) *Өзіне назар аудару үшін иығын қозғалтып, қимыл ишаратын жасады.* **Иық теңесті [теңестірді].** *Күш салысты, бәсекелесті.* **Иық түйістірді [тірестірді].** *Қатарласып жүрді, жұбын жазбады.* **Иықты қомпаң еткізді.** *Екі иықты көтеріп, білмейтін ишарат білдіреді.* **Иықты [иығын] қиқаңдатты.** а) *Аңтарылғанды, не істерін білмей сасып қалғанды білдіретін қимыл ишаратын жасады.* ә) *Білмейтін, менің мұнда қатысым жоқ немесе келіспеймін дегенді білдіретін қимыл ишаратын жасады.* б) *Өзіне назар аудару үшін иығын қозғалтып, қимыл ишаратын жасады.* **Иығы тартты.** *Халықтың наным-сенімі бойынша алыстан сағынып күткен кісі, я бір белгісіз қонақ келе жатса, не болмаса қымбат киім киер болса, иығы тартады деген ұғымға байланысты айтылады.* **Иық тірести.** а) *Иықтасып, қатар отырды.* ә) *Күш қосты, бірікті.* б) *Теңесті, тең түсті.*

**ИЫҚ**[2] з а т . ж е р г . *Жөн, қисын, рет.*

**ИЫҚАҒАШ**[1] з а т . ж е р г . *Екі ұшында шелек ілетін ілмегі бар, су таситын иінағаш.*

**ИЫҚАҒАШ**[2] з а т . *Иығынан сырткиім іліп қоятын зат.*

**ИЫҚАЯҚТЫЛАР** з а т . з о о л . <лат. brachiopoda> *Қосжақтаулы бақалшақпен қапталған, суда тіршілік ететін омыртқасыз жануарлар.*

**ИЫҚБАСТЫ: иықбасты болды.** а) *Бейнет көрді, азап шекті.* ә) *Еңсесін көтертпеді, ырық бермеді.*

**ИЫҚБАУ**[1] з а т . к ө н е . *Соғылған сауыттардың кеуде және арқа бөліктерін бір-бірімен жалғап тұратын иықтан асырыла бекітілетін темір, көбелі немесе тері таспалар.*

**ИЫҚБАУ**[2] з а т . к ө н е . *Қылыш, қанжар, т.б. қару-жарақ ілінетін кісе белбеуді бекіту немесе қылышты ілу, сондай-ақ кеуде, арқа шарайналарын бекіту үшін иықтан асырылып кісеге байланатын теріден жасалған жіңішке таспалар.*

**ИЫҚБАУ**[3] з а т . қ о л ө н е р . *Киіз үйдің уықтары қисаймауы үшін уық қарынан шалып байланатын бау.*

**ИЫҚСЫЗ** с ы н . *Иығы құшық.*

**ИЫҚСЫЗДАУ** с ы н . *Иығы құшықтау.*

**ИЫҚТА=** е т . **1.** *Иығымен соғу, итеру.* **2.** *Иық түйістіру, иығымен жанасу, сүйкену.* **3.** *Иыққа салып көтеру.* **5.** а у ы с . *Баса-көктеу, омыраулау, киіп-жару.* **6.** а у ы с . *Қыспаққа алу, тақымдау; ықтыру.* **7.** а у ы с . *Тықсырту, ығыстырып шығару.* **8.** а у ы с . *Ауыртпашылық түсіру, еңсесін көтертпеу.*

**Иықтап алды.** а) *Дегенімен жүргізді, айтқанынан шығартпады.* ә) *Билеп алды, басынды, үстемдік жасады.* б) *Бойын билеп алды, бір сезім-күйдің жетегіне ергізді.*

**ИЫҚТАН=** е т . *Биік болып көріну, ерекшелену.*

**ИЫҚТАНУ** *Иықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ИЫҚТАС** с ы н . **1.** *Иығымен бірдей, бойы қатарлас.* **2.** а у ы с . *Қатар, тең, замандас.* // *Қалмай, бірге, бір қатарда.*

**ИЫҚТАС=** е т . **1.** *Иық тіресу, иықтарын түйістіру.* **2.** а у ы с . *Қатарласу, біреумен, бір нәрсемен бір қатарда тұру.* **3.** а у ы с . *Тең түсу, бір нәрсемен тең дәрежеде, деңгейлес болу.* **4.** а у ы с . *Бір-біріне жалғасу, тұтасып кету.* **5.** а у ы с . *Бір жүрісу, араласып-құраласу.*

**ИЫҚТАСУ** *Иықтас етістігінің қимыл атауы; бір жүрісу, тіл табысу.*

**ИЫҚТАТ=** е т . *Иықтарын тіреткізу.*

**ИЫҚТАТУ** *Иықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ИЫҚТАУ** *Иықта етістігінің қимыл атауы; басыну, билеп-төстеу.*

**ИЫҚТЫ** с ы н . **1.** *Иығы шығыңқы, кеуделі.* **2.** а у ы с . *Алып, зор, биік.* **3.** а у ы с . *Күшті, мықты.*

**Иықтының иықтысы**. *Күштілердің күштісі, мықтылардың мықтысы.*

**ИЫҚТЫҚ** з а т . *Иық тұсы.*

**Иықтығы жоғары**. *Бойы биік, тұлғалы.*

**ИЫҚТЫЛАУ** с ы н . *Иығы шығыңқылау.*

**ИЫҚТЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Иығы үлкендік, кең жауырындылық.* **2.** а у ы с . *Мықтылық, батырлық, рухани биіктік.*

**ИЫҚШЫН** з а т . *Иық белбеу, иыққұр.*

**ИЫҚІШІК** з а т . э т н . *Иыққа жамылатын жеңсіз ішік.*

**ИІ=** е т . **1.** *Малдың сауар, емізу алдындағы сүтінің емшек ұрпіне жиналып келуі.* **2.** а у ы с . *Емірену, елжіреу, мейірлену.* **3.** а у ы с . *Бойындағы бар нәрін, қуатын беру, үйіп-төгу (табиғат жайында).*

**Иіп кетті.** *Бала емізетін әйелдің омырауынан бала емізетін уақыты болғанда немесе уақытынан асып кеткенде өзінен, еріксіз сүт ағуы, саумалап кетуі.* **Иі қанды.** а) *Әбден жұмсарды.* ә) *Пісіп жетілді, әбден жетер жеріне жетіп шыңдалды.* б) *Үнжырғасы түсті, шаршап-шалдықты.* **Иі қатты.** *Тоң мінез, бір беткей, босаңсымайтын, кісінің айтқанына көне қоймайтын, мінезі қиын.*

**ИІГУ** *Иік етістігінің қимыл атауы; мойынсыну.*

**ИІК=** е т . **1.** *Иілігу, икемге, ыңғайға келу.* **2.** а у ы с . *Мойынсыну, көну.*

**ИІКТІР=** е т . *Икемге келтіру, ыңғайға келтіру.*

**ИІКТІРУ** *Иіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ИІЛ=** е т . **1.** *Майысу, бас жағының салмағы басу, төмен қарай салбырау.* **2.** *Бүгілу, еңкею.* **3.** а у ы с . *Айтқанға көну, айдағанға жүру.* **4.** а у ы с . *Асты-үстіне түсу, сыйлау, кішіпейілдік таныту.*

**Иіліп сәлем берді [қылды].** э т н . а) *Үлкен құрметті мойындауының белгісі ретінде тағзым жасап, басын төмен түсіріп, тізесін*

*бүгіп амандасты.* ә) *Келіні қайын жұртының үлкендеріне құрмет көрсетіп, тағзым жасап, тізесін бүгіп амандасты.* **Иіліп төсек, жайылып жастық болды.** *Тік тұрып күтіп алды, астыүстіне түсті.*

**ИІЛГІШ** сын. **1.** *Майысқақ, икемге келгіш.* **2.** ауыс. *Айтқанға көнгіш, тіл алғыш.*

**Иілгіш диск.** инф. <ағыл. floppy disk> *Магниттік қабыршағы бар диск түрінде жасалған компьютердің алмалы-салмалы сыртқы сақтауыш құрылғысы.* **Иілгіш дискінің контроллері.** инф. <ағыл. floppy disk controller> *Иілгіш дискідегі мәлімет жинақтауышты басқаруға арналған арнайы процессор қызметін атқаратын микросхема.* **Иілгіш магниттік дискідегі жинақтауыш.** инф. <ағыл. floppy disk drive> *Ақпарат сақтау үшін алмалы-салмалы, диаметр мөлшері 5,25 және 3,5 дюймдік иілгіш магниттік дискіні пайдаланатын мәлімет жинақтауыш.*

**ИІЛГІШТІК** зат. **1.** *Майысқыштық.* **2.** ауыс. *Икемділік, ептілік.* **3.** ауыс. *Бейімделгіштік, көнгіштік.*

**ИІЛДІР=** ет. *Майыстыру, бүгілдіру.*

**ИІЛДІРУ** *Иілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ИІЛМЕ**: **тауаралық иілме**. геогр. *Тау жасалу процесінде қыртысының иілуі нәтижесінде түзілген тау жоталары арасындағы депрессия.*

**ИІЛМЕЛІ** сын. *Майысқақ, жұмсақ.*

**Иілмелі бөлгіш жамылғы**. кен. *Пайдалы қазылымдарды жер қойнауынан алу барысында оның шығынын және бос таужыныстармен араласып, сапасыздануын азайту мақсатында қолданылатын кейбір қазып алу жүйелеріндегі арнаулы, иілмелі бөлгіш жамылғы.*

**ИІЛМЕЛІК** зат. *Майысқақтық, иілгіштік.*

**ИІЛТ=** ет. **1.** *Еңкейту, бүгілту.* **2.** ауыс. *Бағындыру, көндіру, меңгеру.*

**ИІЛТУ** *Иілт етістігінің қимыл атауы.*

**ИІЛУ** зат. физ. *Материалдар кедергісінде ось жазықтығына көлденең бағытта әсер ететін күштер әсерімен арқалықтың деформациялануы.*

**ИІЛУ** *Иіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Майысу, бүгілу.* **2.** ауыс. *Көндігу, бағыну.*

**ИІЛІК=** ет. *Иілігу, ыңғайға көнігу, ебін табу, икемге келу.*

**ИІЛІМ**: **иілімге келді**. *Айтқанға көнді, тіл алды.*

**ИІЛІМДІЛІК** зат. спорт. <грек. plastike – мүсіндеу> *Дене тәрбиесі және спорттағы нәзіктік, үйлесімділік, сәйкестік.*

**ИІЛІҢКІ** сын. *Аздап иілген, имектеу.*

**ИІЛІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Сәл иіле түсу.* **2.** ***Қисайыңқырау.***

**ИІЛІҢКІРЕУ** *Иіліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИІЛІК: иілік заттар.** зат. *Тері өңдеуге қолданылған химиялық заттар.*

**ИІЛІП-БҮГІЛ=** ет. **1.** *Еңкейіп, бас көтермеу; бұқпантайлау.* **2.** *Құрмет көрсетіп тағзым ету; құлдық ұру.* **3.** ауыс. *Көндігу, басына түскенге қарсылық білдірмеу, үнсіз көтеру.*

**ИІЛІП-БҮГІЛУ** *Иіліп-бүгілу етістігінің қимыл атауы.*

**ИІЛІС** зат. *Бір нәрсенің иілген жері, иіні.*

**ИІЛІС=** ет. **1.** *Бірге бүгілу.* **2.** ауыс. *Ізеттілік танытып, сәлемдесу, сыйласу.*

**ИІЛІСУ** *Иіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ИІН**[1] зат. **1.** *Иық.* **2.** *Киімнің жең түбі.* **3.** *Бір нәрсенің (өзен, жол, т.б.) бұрылыс жасаған жері, иілісі.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің реті, жөні, қисыны.* **5.** спорт. *Жарты шеңбер.*

**Иін қағысты.** *Қатарласты, иық түйістірді.* **Иін тіресті.** а) *Тым көп жиналды, тығыз отырды, сығылысты.* ә) *Күш теңестірді.* **Иін тірескен.** *Аса көп, өте тығыз, сықасқан; аяқ алып жүргісіз.* **Иіні келді.** *Қисыны, реті келді.* **Иіні тартты.** көне. **Иіні түсті [салбырады].** *Жүні жығылды, еңсесі түсті.*

**ИІН** [2] зат. этн. **1.** *Уықтың иіліңкі жері.* **2.** *Садақтың иілген жері.* **3.** тех. *Иінді біліктің бунақты тетігі.*

**ИІНАҒАШ** зат. *Екі жағына шелек іліп, иыққа салып су таситын құрал; әкпіш, мойынағаш, күйенте.*

**ИІНБАУ** зат. жерг. *Киіз үйдің сыртқы есігі аумас үшін тағылатын бау.*

**ИІНДЕ=** ет. **1.** *Иілу, бұрылыс жасау.* **2.** *Сабаның, местің қымызға, іркітке, сүтке т.б. лық толуы, шүпілдеуі.*

**ИІНДЕС=** ет. **1.** *Иықтасу, қатарласу.* **2.** *Тең түсісу, бірдей дәрежеде болу.* **3.** ауыс. *Иін тіресу, жапа-тармағай, жағалай отырысу.*

**ИІНДЕСУ** *Иіндес етістігінің қимыл атауы.*

**ИІНДЕТ=** ет. *Іркілдетіп толтыру.*

**ИІНДЕТУ** *Иіндет етістігінің қимыл атауы.*

**ИІНДЕУ** *Иінде етістігінің қимыл атауы.*

**ИІНДІ**[1] зат. *Малдың қою, маңызды болатын соңғы сауылған сүті.*

**ИІНДІ**[2] сын. **1.** *Иіні үлкен, иіні бар.* **2.** *Иін жасаған, иілген (жер, өзен, т.б.).* **3.** ауыс. *Ретті, қолайлы, ұрымтал.*

**ИІНДІ**[3] сын. *Иілген жері көптеу, ұзындау (уық).*

**Иінді алтын сырға.** зерг. *Иіні кең сырға түрі.* **Иінді білік**. тех. *Қайталамалы-ілгерілемелі немесе теңселмелі қозғалысты айнымалы қозғалысқа (не керісінше) түрлендіретін бір не бірнеше бунақты білік.*

**ИІНДІК** зат. көне. зерг. *Бешпенттің сыртынан, екі иықтың екі жағынан сәл төмендеу тағатын әшекей.*

**ИІНЖІП** зат. жерг. *Екі ұшында шелек ілетін темір ілмешегі бар, матадан не брезенттен жасалған жалпақтығы 2-3 елідей ұзын жіп.*

**ИІНСІЗ** сын. **1.** *Иіні жоқ, бұрылыссыз.* **2.** *Иілетін жері жоқ, тік (уық).*

**ИІНІШ** зат. *Киімнің жең асты, қолтық тұсы.*

**ИІҢКІ** сын. *Иіліңкі, салбыраңқы.*

**ИІҢКІРЕ=** ет. *Сәл ию, ие түсу.*

**ИІҢКІРЕУ** *Иіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИІР**[1] зат. өс. <лат. acorus>. ***Айыр*** (*айроник-тер тұқымдасы, айыр туысына жататын өсімдік*).

**ИІР**[2] сын. *Иіліп келген; ирек.*

**Иір өркеш.** *Түйе өркеш, өркеш-өркеш.* **Иір тұмсық.** *Имек тұмсық.*

**ИІР**[1]**=** ет. *Жүннен, мақтадан арнаулы құрал арқылы жіп ширату.*

**ИІР**[2]**=** ет. **1.** *Малды шашау шығармай, үйірін жазбай бір жерге жинау, топтау.* **2.** *Суды бөгеп, тоқтасын жасау.*

**ИІР-ИІР** сын. *Ирек-ирек, бұрыш-бұрыш.*

**Иір-иір біткен**. *Иірленген, иректелген.* **Иір-иір, иір құм.** бейн. *Бұйра-бұйра болған, басқа із түспеген, шетсіз, шексіз құм.* **Иір-иір көшу**. *Бірінен соң бірі тізіліп, қиқы-жиқы тиеліп алған түйелермен шұбатылып, ұзына бойы көшу.*

**ИІРІЛУ** зат. спорт. *Гимнастикалық ұршықпен орындалатын ерекшелігі бар қимыл.*

**Иіржеміс жүзген.** өс. <лат. calligonum turbineum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**ИІР-ҚИЫР** сын. *Иір-иір, қисық-қисық; бұдыр-бұдыр.*

**ИІРЛЕ=** ет. * Иректеу, иір жасау.*

**ИІРЛЕН=** ет. *Иректену, иір жасау.*

**ИІРЛЕНУ** *Иірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРЛЕУ**[1] *Иірле етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРЛЕУ**[2] сын. *Аздап қана иіру, иректеу.*

**ИІРЛІК** зат. *Иір болушылық, иірлгендік.*

**ИІРМАЯ** зат. түйешар. *Інәрмая, аруана мен бураның шағылысуынан туған түйе.*

**ИІРМЕК** сын. *Имектеліп, иіріліп келген (зат).*

**ИІРМЕКІЛ** зат. *Ойыншылар кезекпен сақасын иіріп тастап, сөредегі кентайды атып ойнайтын асық ойындарының бір түрі; сақа ойыны.*

**ИІРМЕЛЕ=** ет. *Бір жерге топтау, жинау; қайта-қайта иіру.*

**ИІРМЕЛЕУ** *Иірмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРМҮЙІЗ: иірмүйіз ешкі.** зоол. <лат. capra falconeri>. *Қуысмүйіздер тұқымдасына жататын, ашатұяқты мүйізі жалпақ бұранда, бұрғы тәрізді, түсі сарғылт сұр жануар.*

**ИІРТ**[1]**=** ет. **1.** *Жүннен, матадан жіп шираттыру.*

**ИІРТ**[2]**=** ет. *Малды қайырту, жинау, бір жерге топтату.*

**ИІРТЕК** зат. зоол. көне. *Ұлу.*

**ИІРТАМЫР** зат. өс. <лат. acorus calamus> ***Андызтамыр*** *(айроникгер тұқымдасы, айыр туысына жататын өсімдіктің түрі).*

**ИІРТУ** *Иірт етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРУ**[1] *Иір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүннен, матадан жіп ширату.* **2.** тоқыма. *Тоқыма өнеркәсібінің негізгі өндірісінің бірі; жіп жасаудың жиынтық процесі.*

**Иіру мәшинесі.** тех. *Біршама қысқа талшықтардан жіп иіретін өндіріс мәшинесі.*

**ИІРУ**[2] *Иір етістігінің қимыл атауы; малды бір жерге топтау.*

**ИІРУЛІ** сын. *Иіру процесінен өткен, иірілген.*

**ИІРУШІ** зат. *Жіп иіретін адам.*

**ИІР-ШИЫР** сын. *Ирек-ирек, иір-иір болған.*

**ИІРІЛ**[1]**=** ет. **1.** *Жіптің жүннен, мақтадан арнаулы құрал арқылы ширатылуы.* **2.** *Ирелеңдеу, иреңдеу.* **3.** ауыс. *Айналып өту, соқпай кету.*

**ИІРІЛ**[2]**=** ет. **1.** *Малдың бір жерге жиналуы, топталуы.* **2.** *Судың бөгелуі, бір жерге жиналуы, толуы.* **3.** ауыс. *Үйірілу, айналшықтау.*

**ИІРІЛГІШ** сын. *Иірленгіш, иір-иір болғыш.*

**ИІРІЛМЕЛІ** сын. тех. *Бұралмалы.*

**Иірілмелі маятник**. физ. *Бір жақ ұшы басқа бір шомбал дискіге бекітілген серпімді өзек түріндегі маятник.* **Иірілмелі тербеліс**. физ. *Серпінді жүйеде пайда болатын тербелістің бір түрі.*

**ИІРІЛТ=** ет. *Ирелеңдету.*

**ИІРІЛТУ** *Иірілт етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРІЛУ**[1] *Иіріл етістігінің қимыл атауы; жіптің ширатылуы.*

**ИІРІЛУ**[2] *Иіріл етістігінің қимыл атауы; малдың бір жерге жиналуы.*

**ИІРІЛІМ** зат. геогр. *Өзеннің иірілген жері, иіні.*

**ИІРІЛІҢКІРЕ=** ет. *Топталыңқырау, жиылыңқырау.*

**ИІРІЛІҢКІРЕУ** *Иіріліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРІЛІС=** ет. *Үйірілісу, топталып қалысу.*

**ИІРІЛІСУ** *Иіріліс етістігінің қимыл атауы.*

**ИІРІМ** зат. **1.** *Өзеннің шымырлап дөңгелене, үйіріле ағатын жері.* **2.** геогр. *Судың жоғары қабатының үйіріле ағу процесі.* **3.** геогр. *Жазық жер өзенінің екі қайраңы арасындағы терең бөлігі.* **4.** *Дөңгелене иіріліп келген жер; бұлтарыс, қалтарыс.* **5.** *Күлгенде пайда болатын беттің шұңқыры; «бармақ батты».* **6**. муз. *Ең кіші музыкалық өлшем.*

**Иірім аймағы.** физ. *Турбулентті ағынның кез келген кедергіден асып-ағып өткен кездегі арна қабырғасынан өтпелі ағыншаның бөлініп шығуымен пайда болатын аймақ.* **Иірім индексі.** геогр. *Иірім белгілері ұзындығының биіктігіне қатысты шама.* **Иірім қылды.** *Айналып қалды, бір орында тұрып қалды.*

**ИІРІМДЕЙ**: **иірімдей тартты.** *Еркіне қоймады, үйіріп әкетті.*

**ИІРІМДЕН=** ет. *Судың иірім жасап ағуы.*

**ИІРІМДЕНУ** *Иірімден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірнеше иірім жасау.* **2.** геогр. *Суқоймалардың жеке бөлікшелеріне немесе арналық тасқындарда екі ағыстың қосылуы нәтижесінде судың жағаның шығыңқы тұсын айнала ағуы және арнаның кенеттен үлғаюы кезінде дамитын судың айналып ағуы.*

**ИІРІМДІ** сын. *Ірімі бар.*

**ИІРІМ-ИІРІМ** сын. *Шымырлаған, дөңгеленген, ірім болып аққан.*

**ИІРІМШЕ** зат. геогр. *Судың жоғары қабатының үйіріле ағу процесінде пайда болатын шағын ағыншалардың иірімі.*

**ИІРІС** зат. *Бәрі топталған, үйірілген жер.*

**ИІРІС[1]=** ет. *Жүннен, матадан жіп ширатысу.*

**ИІРІС[2]=** ет. *Малды бір жерге топтатысу, қайырысу.*

**ИІРІС[3]=** ет. *Асықты айналдырысу, ширатысу.*

**ИІРІСУ** *Иіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ИІС** зат. **1.** *Адамның, жан-жануарлардың иіс сезу органдары арқылы қабылдайтын тағам, қорек т. б. заттардың ауа арқылы білінетін ерекше қасиеті.* **2.** физиол. *Адамның және жануарлардың иіс органдары арқылы сезу процесі.* **3.** *Ауа арқылы адамға жағымды сезілген заттың ерекше қасиеті.* **4.** *Адамға ауа арқылы сезілетін заттың жағымсыз қасиеті.*

**Иіс айыру сезімі.** биол. *Мұрын арқылы білінетін заттың иістерін түйсіну қабілеті, сезім мүшелері арқылы сырттан алынатын бес сезімнің бірі.* **Иіс алды.** а) *Үйреншікті иісті іздеді.* ә) *Кішкентай бала біреуге бауыр басып кетті.* **Иіс алмас.** а) *Қақ-соқпен жұмысы жоқ, не айтса соның бәрін орындайтын көнбіс, көнтерілі адам.* ә) *Ештеңені сезбейтін, ештеңеден хабары жоқ, надан.* **Иіс баданасы.** анат. *Торлы сүйектің иіс шұңқырында орналасқан иіс миы өсіндісі.* **Иіс газы.** хим. *Көміртектінің шала тотығуынан пайда болатын түссіз улы газ.* **Иіс жолы.** анат. *Қабылданған иістік тітіркеністі ми орталықтарына өткізетін жол.* **Иіс жүйесі.** анат. <лат. systema olfactoria> *Иіс талдағышын құрайтын мүшелер жүйесі.* **Иіс қылды.** жерг. *Аруақтарға бағыштап, Құран оқыту үшін жетішелпек пісірді.* **Иіс сезу.** физиол. *Қабылдағыштары жоғарғы мұрын кеуілжірінде орналасқан адамның немесе жануардың иіс сезім қабілеті.* **Иіс сезу мүшелері.** анат. *Адамның және жануарлардың иіс қабылдайтын мүшелері.* **Иіс сезімі**. физиол. **Иіс тию.** мед. *Ағзаның иіс газымен улануы.* **Иіс түйсігі.** физиол. *Адамның және жануарлардың иіс сезу мүшелері арқылы сезу процесі.* **Иісі алаш.** *Бүтін ел, дүйім жұрт, тұтас халық.* **Иісі алып кетті.** *Иісі тарады, жайлады, жайылды.* **Иісі [иісі] аңқыды**. а) *Жағымды иіс алып кетті, кернеді, мұрынды жарды.* ә) жағымсыз. эфв. *Сасыды, жаман иіс шықты.* **Иіс білмес [алмас].** *Еш нәрсенің парқын айырмайтын топас.* **Иісі білінді.** *Әлсіз болса да байқалды, сәл де болса көрінді.* **Иісі жайылды**. *Исі бұрқырап, жан-жаққа тарады.* **Иісін жұпар аңқытты**. поэт. *Хош иісін таратты.* **Иісі бұрқырады.** а) жағымды. *Иісі аңқыды, мұрынды жарды.* ә) *Иісі білінді, иісі сезілді.* **Иісі қазақ.** *Дүйім қазақ.* **Иісі мұрнына бармайды [кірмейді].** *Еш нәрсе сезбейді, түсінбейді.* **Иісі мұрын жарды.** *Иісі бұрқырап аңқып кетті.* **Иісі мүңкіп тұр [қолқа атты].** *Жағымсыз иісі тарап кетті, сасыды.* **Иісі танауды жыбырлатты.** *Иісі мұрынға келді, иісі шықты.* **Иісін сезді.** а) *Заттың өзін көрмесе де, иісінен білді, аңғарды.* ә) ауыс. *Бір сырдың ұшығын аңғарды.* **Иісіңнен айналайын**. экспр. сүйсіну. *Өзіне жақын адамын айналыптолғанғанда, аңсап, сағынғанда айтылатын жақсы көру сөзі.* **Иісі сіңді.** *Бауыр басты, үйренді.* **Иісін алды.** а) *Иіскеді, иісін сезінді.* ә) *Бала бауыр басты, үйренді.* **Иісін шығарды.** *Бірдеменің басын бастады, шетпұшпақтап сездірді, бықсытты.* **Иісі шықты.** *Бұзылды, иістенді (тағам жайында).*

**ИІСБАС** зат. өс. жерг. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ИІСГҮЛ** зат. өс. *Тау бөктерлерінде өсетін иісті гүл.*

**ИІСКЕ=** ет. **1.** *Мұрын арқылы иіс сезу, иіс алу.* **2.** ауыс. *Жақсы көрген жақын адамына еміренуді, мейірленуді білдіретін ишарат жасап, бауырына тартып, оған мұрнын тақап, иісін алуы, аймалауы.*

**ИІСКЕЛЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта иіскеу.* **2.** *Жақсы көрген жақын адамына еміренуді, мейірленуді білдіретін ишарат жасап, бауырына тартып, оған мұрнын тақап, қайта-қайта иісін алуы.*

**ИІСКЕЛЕУ** *Иіскеле етістігінің қимыл атауы.*

**ИІСКЕЛЕС=** ет. *Бірін-бірі иіскелеу.*

**ИІСКЕНУ** = ет. жерг. *Жирену, жиіркену.*

**ИІСКЕС=** ет. *Бірін-бірі иіскеу.*

**ИІСКЕСУ** *Иіскес етістігінің қимыл атауы.*

**ИІСКЕТ=** ет. **1.** *Мұрын арқылы иіс сезгізу, иіс алғызу.* **2.** *Жақсы көрген жақын адамына еміренуді, мейірленуді білдіретін ишарат жасатып, бауырына кіріп иісін алғызу.*

**ИІСКЕТУ** *Иіскет етістігінің қимыл атауы; иіс сезгізу, иіс алғызу.*

**ИІСКЕУ** *Иіске етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Иіс сезу, иіс алу.* **2.** ауыс. *Жақсы көрген жақын адамына еміренуді, мейірленуді білдіретін ишарат жасау, бауырына тартып, оған мұрнын тақап иісін алу, аймалау.*

**ИІС-ҚОҢЫС** зат. *Жағымсыз иіс, кір-қоңыс, ластанған ауа.*

**ИІС-ҚОҢЫСТЫ** сын. *Иіс-қоңысы бар.*

**ИІСМАЙ** зат. **1.** *Беті-қолға жағатын жұмсартқыш май; крем.* **2.** сөйл. *Әтір, жұпар, иіссу.* **3.** сөйл. *Жағылатын, тұтқыр, май түріндегі иіссу.*

**ИІСМАЙЛА=** ет. *Иісмай жағу.*

**ИІСМАЙЛЫ** сын. *Иісмай жаққан, иісмай исі бұрқыраған.*

**ИІСНАН** зат. жерг. *Аруақтарға бағыштап, Құран оқыту кезінде жұма күндері пісіретін жұқа нан, жеті шелпек.*

**ИІССАБЫН** зат. *Беті-қол жууға арналған сабын; жұпар сабын.*

**ИІССУ** зат. **1.** *Көбінесе ер адамдар жағынатын хош иісті жұпар; одеколон.* **2.** жерг. ***Әтір.***

**ИІССІЗ** сын. *Иісі жоқ.*

**ИІССІЗДЕНДІР=** ет. *Қандай да бір тұтыну затының жағымсыз иісін арнайы әдістерді пайдалану арқылы жою.*

**ИІССІЗДЕНДІРУ** зат. тех. **1.** *Судың әртүрлі иісі мен дәмін кетіру әдісі.* **2.** *Жағымсыз иісті желдетіп немесе газдарды жұтатын арнаулы заттар арқылы жою әдісі.*

**ИІССІЗДЕНДІРІЛ=** ет. тамақ. *Тұтынылатын заттың иісінің арнайы әдістерді пайдалану арқылы жойылуы.*

**ИІСТАЛДАҒЫШ** зат. физиол. *Мұрын кеңістігіне әсер ететін иісі бар заттарды талдайтын нейрофизиологиялық жүйе.*

**ИІСТАЛДАУШЫ: иісталдаушы маман**. <лат. degustare> *Тағамдық немесе парфюмериялық т.б. өнімдердің сапасын иісіне қарап анықтайтын маман.*

**ИІСТЕН=** ет. *Иісі шығу, бұзылу, сасып кету.*

**ИІСТЕНУ** *Иістен етістігінің қимыл атауы.*

**ИІСТЕУШІЛЕР** зат. хим. *Парфюмерия өндірісінде өнімнің өз иісін жойып, басқа, жағымды иіс беретін агенттер.*

**ИІСТІ** сын. *Иісі бар, иісі күшті.*

**Иісті киікоты.** бот. *Биіктігі 8-50 см, жуан тамырлы, тік сабақты ерінгүлділер тұқымдасына жататын жұпар иісті өсімдік.* **Иісті май. *Иісмай.***

**ИІСТІК** сын. *Иіске қатысты, соған тән.*

**Иістік жүйке.** анат. <лат. nervus olfactorius> *Ми жүйкелерінің бірінші жұбы, иіс талдағышының сезімтал жүйкесі.*

**ИІСТІМАСАҚ** [ор. пахучеколосник] зат. өс. *Басында хош иісті масағы бар, биік болып өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ИІСТІКӨК** зат. өс. *Ақжелек*

**ИІСТІШӨП** зат. өс. <лат. ajuga> *Ерінгүлділер тұқымдасы, иістішөп туысына жататын шөптесін өсімдік.*

**ИІСШІЛ** сын. *Иіс сезгіш.*

**Иісшіл ит.** *Иістерді өте жақсы ажырататын, ізкесушілік, кеден жұмыстарына пайдаланылатын көп үйретілген ит.*

**ИІСШІЛДІК** сын. *Иіс сезгіштік.*

**ИІТ=** ет. **1.** *Малды сауар алдында идіру.* **2.** ауыс. *Эмірену, елжірету, мейірлену.*

**ИІТУ** *Иіт етістігінің қимыл атауы; малды сауар алдында идіру.*

**ИЮ[1]** *И етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бүгу, майыстыру.* **2.** тех. *Тұтас дайындамаға не оның бөліктеріне имек пішін беру үшін қолданылатын ыстықтай және салқын күйінде штамптау операциясы.* **3.** ауыс. *Көндіру, мойынсындыру.*

**ИЮ[2]** *Иі етістігінің қимыл атауы.*

**ИЮДА-ҚИЮ** сын. ***Ию-қию.***

**ИЮ-ҚИЮ** сын. *Азан-қазан, уда-шу; шаңшұң, айқай-ұйқай.*

**ИЮЛЬ** зат. ***Шілде.***

**ИЮНЬ** зат. ***Маусым.***

**ИЮШІ** сын. *Иетін, бүгетін.*

**ИЯ[2]** шыл. ***Я** (не, немесе).*

**Ия болмаса. *Я болмаса*** *(Не болмаса, олай болмаса)*.

# Й

**Й 1.** лингв. *Қысқа и – тіл ортасының таңдайға жуықтауынан жасалатын дауыссыз дыбыс.* **2.** лингв. *Қазақ әліпбиінің он үшінші әрпі.*

**ЙА** зат. *Араб әліпбиінің жиырма сегізінші әрпінің аты, сандық мағынасы – он.*

**ЙАБО** [ағыл. praise song] зат. әдеб. *Ырымдық салттарды өткеру кезінде орындалған мақтау өлеңдері, хауса поэзиясының жанры.*

**ЙӘ** ар. ***Йа.***

**ЙОГ** зат. *Йога ілімін ұстаушы.*

**ЙОГА** [санскр. yoga] зат. **1.** *Адамның өз ағзасы психофизиологиялық қызметін басқаруына мүмкіндік беретін, өзін-өзі танып білудің әдістері мен тәсілдерінің ерекше жүйесін жасаған Индиядағы діни-философиялық ілімнің құраушы бір бөлігі.* **2.** *Йога ілімін ұстанушылардың ойлап тапқан дене жаттығуларының жүйесі.*

**ЙОГУРТ** [ағыл. yoghurt] зат. *Дәрумендер мен жемістер қосылған айран, қатық тәріздес сүт өнімі.*

**ЙОД** [грек. iôdes] зат. **1.** хим. *Негізінен теңіз өсімдіктерінен алынатын (медицинада кең қолданыс тапқан) металл сияқты жылтыр, түсі қара қоңыр кристалды заттек, химиялық элемент.* **2.** мед. *Медицинада қолданылатын осы заттектің спирттегі қызғылт күрең түсті ерітіндісі.*

**Йодты калий.** хим. *Йодты сутек қышқылының калий тұзы.*

**ЙОДАТТАР** зат. хим. *Йодтаушы қышқыл тұздарының химиялық қосылыстарының тобы.*

**ЙОДБЕНЗОЛ** зат. хим. *Бензолдағы сутек атомдарының орнын йод атомдары басқан өнім.*

**ЙОДИДТЕР** зат. хим. *Йодтың электртерістігі төмендеу элементтермен химиялық қосылысы, сонымен қатар йодсутек қышқылының тұздары* (Қаз. тілі термин. Химия.).

**ЙОДИТТІК: йодиттік тазарту**. хим. *Қайтымды қосылу реакторларының және газ тәріздес титан йодидінің термиялық диссоциялануына негізделген титанды тазарту.*

**ЙОДМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Калий йодидінің сулы ерітіндісіне йод ерітіндісін титрант ретінде пайдаланатын немесе ерітіндіде йодтың мөлшерін анықтауға қолданатын титриметрлік талдау әдісі.*

**ЙОДОФОРМ** зат. мед. *Иісі күшті, жылтыр, йодтан жасалған ашық сары ұнтақ.*

**ЙОДТАНҒАН: йодтанған су.** *Құрамындағы йодтың мөлшері ауруларды емдеуге жарамды шамада болатын табиғи су.*

**ЙОДТЫ: йодты су.** *Йодтың мөлшерін өнеркәсіп жолымен өндіріп алуға жарамды су.*

**ЙОМОК** зат. әдеб. *Жұмбақ дегенді білдіретін башқұрт фольклористикасында қолданылатын термин.*

**ЙОРЭЛ** зат. әдеб. *Қазақша баламасы бата, тілек болып табылатын қалмақ фольклорының жанры.*

**ЙОТ** зат. лингв. *Латын әліпбиінде (j) әрпімен таңбаланатын дауыссыз дыбыстың еуропа тіл біліміндегі аты.*

**ЙОТА** [гр. iota] зат. лингв. *Орыс тілінің [и] дыбысына ұқсас дыбысты таңбалайтын грек әліпбиі әрпінің (і) аты.*

# К

**К 1.** *Қазақ әліпбиінің 14-ші әрпі және сол әріптің жазылу (графикалық) таңбасы.* **2.** *Тілдің орта шені таңдайдың орта шеніне тоғысу арқылы жасалған қатаң дауыссыз дыбыс; фонема.*

**К витамині**. *Бедеде, қырыққабатта, сәбізде, асқабақта болатын дәрумен түрі.*

**КААТИНГА** [порт. caatinga] зат. геогр. *Бразилияның солтүстік шығысындағы қуаңшылыққа төзімді, аласа, тікенді ағаштар мен бұталардан тұратын өсімдік жамылғысы.*

**КАБАК** зат. *Батыс елдерінде кең таралған әртүрлі ішімдіктер сатып ішетін орын, шарапхана.*

**КАБАКХАНА** зат. ***Кабак***.

**КАБАРЕ** [франц. cabaret] зат. *Эстрадалық бағдарламасын ұсынатын шағын шарапхана, кафе т. б. түріндегі, негізінен, батыс мәдениетіне тән ойын-сауық орны.*

**КАББАДИ** зат. спорт. *Үнділердің ұлттық спорт ойыны.*

**КАББАЛА** [еж.евр.] зат. филос. *XII-XV гг. Испания мен Палестинада дамыған еврейлік эзотерикалық философия.*

**КАБАХИ** зат. спорт. *Биік сырыққа орнатылған нысананы атпен шауып келе жатып, садақпен атып түсіретін грузиндердің ұлттық ат спорты.*

**КАБЕЛЬ** [гол. kabel] зат. *Сырты ортақ қабатпен қапталған бір-бірінен оқшауланған бір немесе бірнеше тарамнан тұратын өткізгіш, жер астынан жүргізілетін электр, радио, телефон, телеграф сымы. // Кабельден жасалған, кабельге қатысты.*

**Кабель арматурасы**. тех. *Кабельдерді бір-бірімен механикалық немесе электрлік әдіспен жалғауға, оларды электр желілері мен қондырғыларына қосуға арналған жабдық.* **Кабельдер сканері.** инф. <ағыл. the scanner of a cable>. *Кабельдік жүйенің бүліну себептері туралы тек ақпарат алуға ғана емес, сонымен қатар қай жердің зақымданғанын анықтауға да мүмкіндік беретін диагностикалық құрылғы.* **Кабельді жалғастырғыш.** инф. <ағыл.cable connector> *Әрбір кабельдің ұшында болатын жалғастырғыш ұңғы.*

**КАБЕЛЬДІ** сын. тех. *Кабелі бар, кабель негізіндегі.*

**Кабельді байланыс желісі**. *Сым бойымен электрлік сигнал арқылы ақпарат беруге арналған құрылғылар жүйесі.*

**КАБЕЛЬДІК** сын. тех. *Кабельге қатысты, кабель боларлық.*

**Кабельдік канализация**. тех. *Кабель төсеуге, монтаждау және пайдалану мақсатында жүргізілетін құбырлар мен бақылау құрылғыларының жиынтығы.*

**КАБЕРНЕ** зат. **1.** *Жоғары сапалы шарап дайындауға пайдаланылатын қою көк түсті жүзімнің сорты.* **2.** *Осы жүзімнен дайындалған қызыл шарап.*

**КАБИНА** [франц. cabine] зат. **1.** *Мәшине, трактор, ұшақ т. б. көліктердің жүргізушілері отыратын арнайы орын.* **2.** *Арнайы мақсаттағы шағын орын, бөлме (телефон кабинасы, лифт кабинасы).* **3.** *Ортақ залдан бөлек, оңаша отырғысы келген қонақтарға арналған мейрамханадағы бөлме.*

**Кабина атмосферасы**. ғарыш. *Ғарышкеменің, ғарыштық ұшу аппаратының герметикалық кабинасындағы жасанды ауа.*

**КАБИНЕТ** [франц. cabinet] зат. **1**. *Мекеме орындарындағы әдетте лауазымды қызметкерлердің жұмыс бөлмесі.* **2.** *Оқу орындарында арнаулы сабақтар өткізетін, әр пән бойынша арнайы жабдықталған жеке бөлме.* **3.** саяси. *Кейбір елдерде өкіметтің немесе оның бір бөлігінің ресми атауы.* **4.** *Қандай да бір мекеме жанынан құрылған арнайы мәселелермен айналысатын мамандардың тобы.*

**КАБИНЕТТІК** сын. саяси. *Кабинетке қатысты, кабинет бойынша басқаруға қатысты.*

**КАБИНЕТТІК: кабинеттік жүйе.** а) пед. *Оқушыларды арнаулы кабинеттерде оқыту жүйесі.* ә) *Басқарудың шешім қабылдауға өкілеттілігі бар мәжілістер арқылы ұйымдастырылу жүйесі.*

**КАБИНКА** ор. зат. сөйл. ***Кабина***.

**КАБЛОГРАММА** зат. *Суасты кабелі арқылы берілетін жеделхат.*

**КАБОТАЖ** [франц. cabotage] зат. *Бір мемлекеттің ішіндегі теңіз айлақтары арасындағы кеме қатынасы.*

**КАБРИОЛЕТ** [франц. cabriolet] зат. **1.** *Жалғыз ат жегілетін бір орынды, жеңіл, тез жүретін, екі дөңгелекті арба.* **2.** *Төбесі жиналмалы жеңіл автокөліктің қорабы.*

**КАБРИОЛЬ** [франц. cabriole] зат. **1.** спорт. *Сыңарлы акробатиканың фигурасы.* **2**. *Аттың алдыңғы аяғын бүгіп, артқы аяғымен секіруі.* **3.** өнер. *Балеттегі ең қарапайым би қозғалысы элементі.*

**КАБРИРЛЕУ** зат. әск. *Ұрыс ұшақтарының тік жазықтықта шаншыла биіктеп жасайтын маневрінің бір түрі.*

**КАБУКИ** зат. өнер. *Жапондықтардың классикалық театрының бір түрі.*

**КАБУЛ** зат. тамақ. *Әртүрлі дәмдеуіштер қосылып соядан дайындалған өткір, ащы тұздық.*

**КАБУР** ор. зат. *Қынап; тапанша, наган, т. б. жеңіл қарулар салатын қап.*

**КАВАЛЕР**[1] [франц. cavalier] зат. ***Иегер*** *(белгілі бір орденмен марапатталған адам).*

**КАВАЛЕР**[2] [итал. cavaliere] зат. *Көпшілік орындардағы би кезінде биге ертіп апарушы, әйел адамның серігі болып билеуші ер адам.*

**Ат кавалері**. *Кавалерист, атты әскер қолбасшысы.*

**КАВАЛЕРИСТ** зат. *Атты әскер құрамындағы жауынгер.*

**КАВАЛЕРИЯ** [итал. cavalleria] зат. *Атты әскер, қарулы күштің атты әскерден тұратын бөлімшесі.*

**КАВАЛЕРИЯЛЫҚ** сын. әск. *Кавалерияға тән, кавалерияға жататын.*

**КАВАЛЬЕР** [франц. caralier] зат. тех. *Ұзыннан-ұзақ жер (ор, канал) қазылғанда алынған топырақты екі немесе бір жағына үйіп жасалынған дуал тәрізді топырақ үйіндісі.*

**КАВАСАКИ** зат. *Қиыр Шығыста теңіз жағалауында балық аулауға арналған моторлы-желкенді ағаш кеме.*

**КАВАТИНА** [итал. cavatina] зат. муз. *Көбінесе еркін құрылымда орындалатын лирикалық сипаттағы шағын арияларының бірі.*

**КАВЕРНА** [лат. caverna] зат. **1.** геол. *Таужыныстардағы пішіні әртүрлі (пішінсіз, дөңгелек), мөлшері бір миллиметрден артық бос кеңістік.* **2.** мед. *Тіндердің жансыздануы салдарынан ағзада пайда болған қуыс.*

**КАВЕРИНГ** [ағыл. covering] зат. экон. *Бағалы қағаздар құнының төмендеуіне үміт артушы биржа алыпсатарлары (жасасқан мерзімдік мәміле бойынша) міндеттемелерді тоқтату үшін бұрын сатылған бағалы қағаздарды, келсімшарттарды, тауарларды өтеуіне төлеп алу.*

**КАВЕРНОГРАММА** зат. геол. *Бұрғылау ұңғымасы диаметрінің өзгеруін көрсететін қисық сызықтар.*

**КАВЕРНОМЕТРИЯ** [лат. caverna – үңгір, metron – өлшем] зат. геол. *Бұрғылау ұңғымасы диаметрінің өзгеруін көрсететін қисық сызықты алу үшін жүргізілетін өлшеулер.*

**КАВИТАЦИЯ** [лат. cavitas] зат. физ. *Сұйықтық ішіндегі тұтастықтың бұзылуы, яғни тамшылы сұйықтықта газбен, бумен не булардың қоспасымен толған қуыстардың (бұлар кавитациялық көпіршіктер немесе каверналар деп аталады) пайда болу процесі.*

**КАВКАЗ**[1] зат. қолөнер. *Кавказ үлгісімен жасалған әртүрлі әшекей, ою-өрнек, зергерлік өнерінде қара түспен бағдар салу.*

**Кавказ белбеу.** зерг. *Қара ала ою жүргізілген күміс белбеу.* **Кавказ белбеу.** этн. *Қара ала ою жүргізілген күміс белбеу.* **Кавказ білезік.** зерг. *Қара ала өрнек салған білезік.*

**КАВКАЗ**[2] зат. өс. *Бидайдың қылтанақсыз түрі.*

**КАВКАЗДА=** ет. зерг. *Қақталған күміс бетіне безеу арқылы қара ала түсті ою салу.*

**КАВКАЗДАТ=** ет. зерг. *Қақталған күміс бетіне безеу арқылы қара ала түсті ою салғызу.*

**КАВКАЗДАЛ=** ет. зерг. *Қақталған күміс бетіне безеу арқылы қара ала түсті ою салыну.*

**КАВКАЗДАЛУ** *Кавказдал етістігінің қимыл атауы.*

**КАВКАЗДАТУ** *Кавказдат етістігінің қимыл атауы.*

**КАВКАЗДАУ** *Кавказда етістігінің қимыл атауы.*

**КАВКАЗДЫҚ** сын. *Кавказда тұратын халыққа тән, Кавказдан келген.*

**КАВКАЗТАНУ** зат. *Кавказ халықтарының мәдениеті, тарихы, экономикасы, тұрмысы және т. б. зерттейтін ғылыми пәндердің жиынтығы.*

**КАГАТ** зат. *Ұзақ уақытқа сақтау мақсатында жиналған үсті жабық картоп, қызылша үйіндісі.*

**КАГОР** зат. *Қызыл қоңыр түсті шарап.*

**КАҒБӘ** зат. діни. сөйл. ***Қағба***.

**КАДАСТР** [франц. cadastre] зат. экон. *Табиғат нысаналары туралы негізгі мәліметтер жүргізілген кезеңдік немесе үздіксіз бақылаулар нәтижесінде құрастырылатын деректерінің жүйеленген жинағы.*

**КАДАСТРЛЕУ=** ет. экон. *Табиғат нысаны туралы негізгі мәліметтер жүргізілген кезеңдік немесе үздіксіз бақылаулар нәтижесінде құрастырылатын деректердің жүйесін жасау.*

**КАДАСТРЛЫҚ** сын. *Кадастрға қатысты, соған тән.*

**КАДӘРШЕ: хал кадәрше**. сөйл. ***Хал қәдерінше*** *(шама-шарқы жеткенше, әлі келгенінше).*

**КАДЕТ** [франц. cadet]**: кадет корпусы.** а) тар. *Патшалық Ресейдегі әскери оқу орны.* ә) *Әскери кадрлар даярлайтын әскери оқу орны.*

**Кадет партиясы**. саяси. *1917 жылғы Қазан төңкерісінен бұрынғы Ресейдегі буржуазияшыл-монархиялық партия.*

**КАДЕТТЕР** зат. *Кадет корпусында оқитындар.*

**КАДЕТТІК** сын. *Кадет (конституциялық демократиялық) партиясына қатысты.*

**КАДИОНДАР** зат. хим. *Құрамына екі изотоп кіретін органикалық заттар.*

**КАДИРИЙА** зат. діни. *Қазақстан мен Орта Азияда тараған ислам діндегі сопылық жолдардың бірі.*

**КАДИРИЙАЛЫҚТАР** зат. діни. *Қазақстан мен Орта Азияда тараған ислам дініндегі сопылық жолдардың бірі, кадирийаны ұстанушылар.*

**КАДИМЛӘК** зат. ескі кіт. ***Кадимдық*** *(ескілік, көнелік, дәстүрлілік). // Ескілікті дәстүрлілікті жақтаушы топ.*

**КАДМАТТАР** зат. хим. *Кадмий қышқылының тұздары.*

**КАДМИЙ** [грек. kadmeia] зат. хим. *Химиялық элемент, цинк рудасының құрамында болатын ақ түсті, жылтыр, жұмсақ металл.*

**КАДМИЙЛЕ=** ет. хим. *Металдың бетін жемірілуден қорғау үшін кадмиймен қаптау.*

**КАДМИЙЛЕУ** хим. *Кадмийле етістігінің қимыл атауы.*

**КАДМИЙЛІ** сын. *Кадмий металы бар, кадмий металы мол.*

**КАДР**[1] [франц. cadre] зат. **1.** *Кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың маманданған кәсіби қызметкерлерінің негізгі құрамы.* **2.** *Мемлекеттің Қарулы күштеріндегі нақты қызметтегі командалық және қатардағы құрамы.*

**Кадр бөлімі.** *Мекеме, ұйым т.б. құрамындағы маман мәселесімен айналысатын, реттеп отыратын арнайы құрылым.* **Кадр даярлау**. *Қандай да бір салаға маманданған біліктілігі жоғары кәсіп иелерін оқытып, дағдыландыру ісі.*

**КАДР**[2] [лат. quadrum] зат. кино. **1.** *Киноға түсірілген нысан қозғалысының бір сәтін немесе орнықты қалпын бейнелейтін кинопленкадағы жеке сурет.* **2.** *Кинофильмдегі жекелеген көрініс немесе эпизод.* **3.** *Фотосуреттің жеке-дара кескіні.*

**Кадр жиілігі.** тех. *Бір секундта ауысатын кадр саны.* **Кадрдың композициясы.** өнер. *Фото-кино және телебейнелердің соңғы қорытындыда біртұтас – линия, жарық әр түстің қатары бойынша – кескіндерін құру, оның кейбір бөліктерін (компоненттерін) табу.*

**КАДРИЛЬ** [франц. quadrille] зат. *XVII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың аяғына дейін еуропалық халықтар арасында кең тараған алты түрлі қозғалыстан (элементтен) тұратын би.*

**КАДРОСКОП** зат физ. *Теледидарлық тарату камерасын бабына келтіру үшін ондағы электрондық-сәулелік тарату құралының орнына қойылатын құрал.*

**КАДРЛЫҚ**[1] сын. *Бір саладағы мамандарға қатысты, кадрға қатысты.*

**КАДРЛЫҚ**[2] сын. кино. *Киноға түсірілген нысан қозғалысының бір сәтін немесе орнықты қалпын бейнелейтін кинопленкадағы жеке суретке қатысты.*

**Кадрлық жаймалау**. тех. *Телевизияда телевизиялық кескінді тік бағытта жаймалау.*

**КАЖОЛ** зат. жерг. *Ешкі терісінен істелген сапалы былғары.*

**КАЗАК** зат. **1.** *XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Польша, Литва, Орыс мемлекеттерінен оңтүстік, оңтүстік-шығыстағы шеткі аймақтарға қашқан шаруалар мен қашқындардан, посад адамдардан, солардың ұрпақтарынан құралған Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейдегі әскери сословие.* **2.** *Ертеректе шеткі аймақтарға қашқан шаруалар мен қашқындардан құрылған әскери сословие өкілдерінен жасақталған патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатын жүзеге асырушы жазалаушы қарулы күштері.*

**КАЗАК-ОРЫС** зат. **1.** *Ресейден тыс жерлердегі казактар (әскери сословие өкілдері).* **2.** ***Казак*** *(патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатын жүзеге асырушы жазалаушы қарулы күштері).*

**Казак-орыстың қамшысы жайлады**. *Патшалық Ресейдің жазалаушы жасақтары ел ішіне ойран салды, халықты жаншып, үрейде ұстады.*

**КАЗАКШЫЛДЫҚ** зат. *Казактардың ұйымы.*

**КАЗАП** сын. сөйл. ***Кәззап.***

**КАЗАРМА** [итал. caserma] зат. әск. *Әскери бөлімшелерде орналастырылатын арнаулы жатақ үй.*

**КАЗАРМАЛЫҚ** сын. **1.** әск. *Казармаға қатысты, соған тән.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Жеке адам, ұлт мүдделерін аяқасты етуші, біржақты ұжымдық сананы үгіттеуші әскери-тоталитарлық жүйенің әсерімен қалыптасқан, соған тән.*

**КАЗЕИН** [лат. caseus] зат. хим. *Сүтте болатын фосфопротеидтер тобына жататын күрделі белок.*

**КАЗЕИНДІ** сын. *Казеині көп, казеині мол.*

**КАЗЕИНОГЕН** зат хим. *Құрамында казеині бар химиялық түзіліс.*

**КАЗЕМАТ** [франц. casemate] зат. әск. **1.** *Жабық фортификациялық құрылыстарда жеке құрам мен қару-жарақты қарсылас жақтың оғынан қорғауға арналған жай.* **2.** *Кеме артиллериясы зеңбірегін орнатуға және жеке құрамды қорғауға арналған кеме кемерінің бойындағы сауыттталған жабық жай.*

**КАЗЕНЕТ** зат. сөйл. **1.** ***Казинет.*** **2.** *Казинеттен тігілген киім.*

**КАЗИНЕТ** зат. *Жартылай жүнді немесе қағаз матаның көне түрі.*

**КАЗИНО** [франц. casino] зат. ***Ойынхана*** *(түрлі көңілдендіруші мақсаттағы қызметтері бар әмбебап ойынханалық орын).*

**КАЗИТ** зат. сөйл. ***Газет.***

**КАЗНАЧЕЙ** зат. сөйл. ***Қазынашы.***

**КАЗУАР** [франц. casoar] зат. зоол. *Австралияның Солтүстік Шығыс жағалауын, Жаңа Гвинеяның ормандарын мекендейтін қара жүнді, жүгіргіш (ұшпайтын) ірі құс.*

**КАЗУИСТИКА** [лат. casus] зат. саяси. *Саяси, құқықтық, ахлақтық және т.б. жекелеген жағдайларды жалпы принциптермен байланыстырып, жалпылама-шектелген түрде қарау.*

**КАЗУС** [лат. casus] зат. **1.** *Нақты жағдайында қарастыруға болмайтын адамның еркінен тыс болатын оқиға.* **2.** құқық. *Қасақана және абайсыздықпен жасалған әрекеттен өзгеше түрде сырт белгілері ғана құқық бұзушылық болып көрінетін, алайда кінә нышандарынан ада, демек құқықтық жауапкершілік жүктемейтін кездейсоқ әрекет.* **3.** *Күрделі немесе шатысқан, шырғалаңды құқықтық іс.*

**Казус белли.** [лат. casus belli] саяси. *Соғыс жағдайының туындауына әкелетін тікелей ресми сылтау.*

**КАИНИТ** [нем. Kainit] зат. хим. *Сульфаттар тобына жататын минерал.*

**КАЙЗЕР** [нем. Kaiser] зат. *Рим империясы (962-1806) мен Герман империясындағы (1871-1918) императордың титулы, осы титулға ие тұлға.*

**КАЙМАН** [исп. caiman] зат. зоол. *Орталық және Оңтүстік Американы мекендейтін қолтырауын тұқымдасына жататын аллигатор.*

**КАЙНОЗОЙ** [гр. kainos – жаңа, zoe – өмір]: **Кайнозой тобы.** геол. *Жер қыртысына тиесілі таужыныстардың кембрийге дейін қалыптасқан тобынан жоғары қарай есептегендей үшінші топ.* **Кайнозой шөгінділері [жыныстары]** геол. *Кайнозой эрасында қалыптасқан шөгінділер.* **Кайнозой эрасы.** *Жердің геологиялық тарихының ең жас, қазіргі кезеңді қамтитын дәуірі.*

**КАЙНОТИП** [гр. kainos – жаңа, typos – өмір]: **кайнотип жыныстар**. геол. ***Кайнотипті таужыныс.***

**КАЙНОТИПТІ: кайнотипті таужыныс.** геол. *Өзгеру процестеріне онша қамтылмаған, сырт көрінісі мен сақталу дәрежесі тұрғысынан мейлінше жас көрінетін магмалық таужыныс.*

**КАЙНОФИТ** зат. геол. *Жасырын тұқымды өсімдіктердің Жер шарында қаулай өсу уақыты.*

**КАКАО** [исп. cacao] зат. **1.** өс. *Тропикада өсетін мәңгі жасыл стеркулия тұқымдасына жататын, жемісінен шоколад алынатын ағаш немесе оның жемісі.* **2.** *Осы ағаш жемісінен алынған ұнтақ.* **3**. тамақ. *Какао ағашы жемісінен жасалған ұнтақтан дайындалатын құнарлы сусын.*

**Какао бұршағы**. *Тамақ, дәрі-дәрмек, парфюмерия өндірісінде пайдаланылатын какао ағашының жемісі.* **Какао бұршақтарын ферменттеу.** тамақ. *Какао ағашының бұршақ түріндегі жемісін өнбейтіндей ету үшін кептірудің алдында жүргізілетін процесс.* **Какао майы.** тамақ. <лат. sterculiaceae> *Какао бұршақтарынан алынатын кондитерлік өнімдер дайындауда қолданылатын хош иісті май.* **Какао ұнтағы**. тамақ. *Тартылған какао массасынан майы сығымдалып алынған соң, қалған күнжарадан ұнтақталып алынған өнім.*

**КАКАОВЕЛЛА** зат. тамақ. *Какао бұршақтарының ұсақталған қауызы.*

**КАКАДУ** [нем. Kakadu] зат. зоол. *Австралия мен Гвинеяны мекендейтін тотықұс отрядына жататын басында айдары бар құс.*

**КАКОФОНИЯ** [гр. kakophonia] зат. **1.** муз. *Құлаққа жағымсыз үн, дауыс; музыкалық дыбыстардың бейүйлесімі, ретсіздігі.* **2.** ауыс. *Адамды мезі қылып, жүйкесіне тиетін жағымсыз, үйлесімсіз әуен, даңғыр-дұңғыр еткен музыка.*

**КАКТУС** [лат. cactus] зат. өс. *Тропикада өсетін, қуаңшылыққа өте төзімді, тікенек жапырақты, көпжылдық қосжарнақты өсімдік.*

**КАЛАМБУР** [франц. calembour] зат. әдеб. *Дыбысталуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы жағынан бір-бірінен алыс сөздерді ойнату, құбылту арқылы жасалған стилистикалық оралым, көркем тәсіл.*

**КАЛАМБУРЛЫ** сын. әдеб. *Каламбуры бар, каламбур арқылы жасалған.*

**КАЛАМИН** [лат. calamina] зат. мин. *Галмей, гемиморфит, мырыш типаты, мырыштың сулы силикатына жататын минерал.*

**КАЛАМИТТЕР** [лат. calamitales] зат. бот. *Бұдан 250 – 350 миллион жыл бұрын өскен алып қырықбуынтәрізді, сабағы бунақты, жойылып кеткен өсімдіктер.*

**КАЛАН** зат. зоол. <лат. enhydra lutris> *Камчатка құндызы – сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң.*

**КАЛАНДР** [франц. calandre] зат. тех. *Картонды, матаны, қағазды престеп нығыздауға, жылтыратуға, оларға бастырамалап сурет салуға арналған мәшине.*

**КАЛАНДРЛАН=** ет. тех. *Мата, қағаз және резеңке, т. б. материалдардың каландрмен өңделуі.*

**КАЛАНДРЛАНУ** тех. *Каландрлан етістігінің қимыл атауы.*

**КАЛАНДРЛАУ** зат. тех. *Мата, қағаз және резеңке материалдарды каландрмен өңдеу процесі.*

**КАЛАНДРЛЫҚ: каландрлық белдік.** тех. *Каландр мәшинесінің арасынан өңделетін материал (қағаз, мата, картон) өтетін белдік жүйесінің бірі.*

**КАЛЕДОН: каледон қатпарлылығы.** геогр. *Гренландия, Британ аралдары, Скандинавия, Солтүстік Тянь-Шань, Алтай секілді каледониттер пайда болған геологиялық процестердің жиынтығы.*

**КАЛЕДОНИТ** зат. геогр. *Каледон қатпарлылығы кезеңінде пайда болған тау жыныс.*

**КАЛЕЙДОСКОП** [грек. kaleidoscope] зат. *Ішінде тез құбылып (өзгеріп) тұратын өрнекті көрініс беретін түрлі түсті ұсақ шыныcы немесе қағаз қиындылары және т.б. бар іші айнамен қапталған цилиндр формалы оптикалық аспап.*

**2.** ауыс. *Құбылыстардың, тұлғалар мен оқиғалардың бірін-бірі қайталамай үздіксіз ауысып отыруы.*

**КАЛЕНДАРЬ** [лат. calendarium] зат. **1.** ***Күнтізбе*** *(жыл ішіндегі күндердің, айлардың реті мен саны көрсетілген кесте немесе кітапша).* **2.** ***Күнтізбе*** *(астрономиялық жыл санау жүйесі).*

**КАЛЕНДАРЬДАЙ** сын. ***Күнтізбедей*** *(күнтізбе сияқты).*

**КАЛЕНДАРЬЛЫҚ** сын. ***Күнтізбелік*** *(күнтізбе бойынша белгіленген).*

**Календарьлық жоспар**. ***Күнтізбелік жоспар***.

**КАЛИБР** [франц. calibre] зат. әск. *Мылтықтың, зеңбіректің ұңғысының кеңдігі, диаметрі.*

**КАЛИБРЛІ** сын. әск. *Белгілі бір калибрге тән болған.*

**КАЛИЙ** зат. хим. *Көмір қышқыл тұзынан тұратын күміс сияқты ақшыл түсті, жұмсақ металл.*

**Калий карбонаты.** хим. *Көмір қышқылының калий тұзы.* **Калий нитраты.** хим. *Калий селитрасы, азот қышқылының калий тұзы.* **Калий сульфаты.** хим. *Күкірт қышқыл калийі, күкірт қышқылының калий тұзы.* **Калий тұздары**. хим. *Құрамында калийі бар минералдардың шөгінді тау жыныстарына шоғырлануы.* **Калий тыңайтқыштары**. ауылшар. *Өсімдік қорегі ретінде қолданылатын құрамында калийі бар минералды заттар.* **Калий хлораты.** хим. *Күшті тотықтырғыш.* **Калий цианиді**. хим. *Цианды калий, цианды сутек қышқылының калий тұзы.*

**КАЛИЙЛІ** сын. *Құрамында калий элементі бар.*

**КАЛИМАГНЕЗИЯ** зат. хим. *Кендерді өңдеу арқылы алынатын калий тыңайтқышы.*

**КАЛИТКА** зат. *Дарбазадағы кішкене есік.*

**КАЛИФОРНИЙ** [лат. californium] зат. хим. *Медицинада нейтрон көзі ретінде қолданылатын актиноидтер қатарына жататын радиоактивті химиялық элемент.*

**КАЛЛА** зат. өс. *Ароид тұқымдас, оқ тәрізді жапырақты, ірі ақ гүлдері бар өсімдік, осы өсімдіктің гүлі.*

**КАЛЛИГРАФ** зат. ***Хұснихатшы*** *(көркем жазу өнерінің шебері).*

**КАЛЛИГРАФИЯ** [грек. kalligraphia] зат. **1.** ***Хұснихат*** *(әдемі, анық, көркем етіп жаза алу өнері).* **2.** *Жазу машығы.*

**КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ** сын. ***Хұснихаттық*** *(каллиграфияға тән, каллиграфияға қатысты).*

**КАЛЛИГРАФШЫ** зат. сөйл. ***Хұснихатшы***.

**КАЛОКАГАТИЯ** зат. мәд. *Антика мәдениетіндегі адамның ішкі және сыртқы мәдениеттерінің үндестігін білдіретін ұғым.*

**КАЛЛУС** [лат. callus] зат. биол. *Оқшауланып алынған жасушаларды арнайы ортада өсіргенде ретсіз бөліну нәтижесінде пайда болатын ұлпа.*

**КАЛОКАГАТИЯ** [грек. halokagathia] зат. филос. *Адамның сыртқы және ішкі мәдениетінің үндестігін білдіретін антикалық мәдениетте кеңінен қолданылған термин.*

**КАЛОМЕЛЬ** зат. хим. *Сынап хлориді.*

**КАЛОРИМЕТР** [лат. calor] зат. физ. *Белгілі бір үдеріс кезінде бөлінетін немесе жұылатын жылу мөлшерін өлшеуге арналған аспап.*

**КАЛОРИМЕТРИЯ** зат. тех. *Әртүрлі химиялық, физикалық, биологиялық үдерістерде бөлінетін жылу мөлшерін өлшеу әдістерінің жиынтығы.*

**КАЛОРИМЕТРИЯЛЫҚ** сын. тех. *Калориметрияға қатысты, соған тән.*

**КАЛОРИФЕР** [лат. calorifere] зат. тех. *Ауа үрлеу мен жылыту, желдету жүйелері мен кептіргіш қондырғыларындағы ауа қыздыратын аспап.*

**КАЛОРИЯ** [лат. calor] зат. физ. **1.** *Жылу мөлшерінің жүйеден тыс өлшеу бірлігі.* **2.** *Адам ағзасындағы энергия мөлшері.*

**КАЛОРИЯЛЫ** сын. *Нәрлі, құнарлы, энергиялы; қоректік қасиеті мол.*

**КАЛОРИЯЛЫҚ** зат. *Құнарлылық, нәрлілік, қоректік.*

**КАЛОШ** зат. сөйл. *Галош.*

**КАЛЬВИНИЗМ** зат. діни. *Батыс Еуропаның көптеген елінде ықпалы басым протестант дінінің негізгі бағыттарының бірі.*

**КАЛЬДЕРА** [лат. caldera] зат. геол. *Жанартаудың төбесінің кейде төңірегімен қоса опырылуынан пайда болатын қабырғалары біршама тік, жарқабағы құлама, түбі жазық, қазан тәрізді ойыс.*

**КАЛЬКА**[1] [франц. calque] зат. **1.** полигр. *Сызбалар мен суреттердің көшірмесін түсіруге арналған түссіз жылтыр қағаз немесе жұқа мата.* **2.** *Осы қағазға не матаға түскен сызбаның, суреттің көшірмесі.*

**КАЛЬКА**[2] [франц. calque] зат. лингв. *Бір тілдегі сөздерді, я сөз тіркесін басқа тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалған тілдік бірлік.*

**КАЛЬКАЛА**=ет. лингв. *Басқа тілдің сөзжасам үлгісін пайдалану арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасау.*

**КАЛЬКАЛАУ** зат. лингв. *Калькала етістігінің қимыл атауы.*

**КАЛЬКАЛАН**=ет. лингв. *Басқа тілдің сөзжасам үлгісін пайдалану арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің жасалуы.*

**КАЛЬКАЛАНУ** лингв. *Калькалан етістігінің қимыл атауы.*

**КАЛЬКАЛЫҚ** зат. лингв. *Калькаға тән, калька жолымен жасалған.*

**КАЛЬКУЛЯТОР** [лат. calculator] зат. *Есептеуіш аспап, шағын есептеуіш құрылғы.*

**КАЛЬКУЛЯЦИЯ** [лат. calculatio] зат. қаржы. *Өнімнің өзіндік құнын, сатылып немесе сатып алынатын бағасын есептеп шығару ісі.*

**КАЛЬКУЛЯЦИЯЛА**= ет. қаржы. *Өнімнің өзіндік құнын есептеп шығу.*

**КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ** *Калькуляцияла етістігінің қимыл атауы.*

**КАЛЬМАР** [франц. calmar] зат. зоол. *Басаяқты моллюскілердің отряд тармағы, теңіздер мен мұхиттарда тіршілік ететін, ұзындығы 25-50 см-дей бақалшақ (моллюск).*

**КАЛЬЦЕКС** зат. хим. *Хлорлы кальций тұзы.*

**КАЛЬЦЕФИЛ** [лат. calx – әк, phileo – сүйемін]**: кальцефил өсімдіктер.** бот. *Кальцийі мол топырақта өсетін өсімдіктер.*

**КАЛЬЦЕФИЛДЕР** зат. бот. ***Кальцефил өсімдіктер***.

**КАЛЬЦЕФОБ** [лат. calx – әк, phobos – қорқу]**: кальцефоб өсімдіктері.** бот. *Әгі көп, топырақта нашар өсетін өсімдіктер.*

**КАЛЬЦЕФОБТАР** зат. бот. ***Кальцефоб өсімдіктер***.

**КАЛЬЦИЙ** [лат. calx] зат. хим. *Әк, мәрмәр құрамында табиғатта тек қосылыс түрінде кездесетін химиялық элемент; ақ түсті металл.*

**Кальций гидрототығы.** хим. *Сөндірілген әк, күшті негіз, түссіз кристалды зат.* **Кальций карбиді.** хим. *Кальцийдің көміртекпен қосылысы.* **Кальций карбонаты.** хим. *Көмір қышқыл кальций, көмірқышқылының кальций тұзы.* **Кальций нитраты.** хим. *Азот қышқылы кальцийі, кальций селитрасы, түссіз кристалды зат.* **Кальций сульфаты.** хим. *Күкірт қышқылы кальцийі, күкірт қышқылының кальций тұзы.* **Кальций тотығы.** хим. *Сөндірілмеген әк, кальцийдің оттекпен қосылысы, түссіз кристалды зат.* **Кальций фосфаттары.** хим. *Фосфор қышқылының кальций тұздары.* **Кальций хлораты.** хим. *Қопарылғыш, ылғалды кристалдар, пиротехникада тотықтырғыш ретінде, гербицид, мақта өсімдігіне дефолиант, десикант ретінде қолданылады.* **Кальций хлориді.** хим. *Хлорлы кальций тұзы, түссіз қышқылының кальций тұзы, түссіз кристалды зат.* **Кальций цианамид.** хим. *Кальций цианамиді, түссіз кристалды зат.*

**КАЛЬЦИЙЛЕ**= ет. хим. *Берік емес қосылыстарды ажырату мақсатында жүзеге асырылатын реакцияда кальцийлі заттардың ыдырауы.*

**Кальцийлеп күйдіру**. хим. *Берік емес химиялық қосылыстарды ажырату үшін күйдіру.*

**КАЛЬЦИЙЛЕН: Кальцийленген сода.** *хим*. *Сусыздандған натрий карбонаты.*

**КАЛЬЦИЙЛЕУ** *Кальцийле етістігінің қимыл атауы.*

**КАЛЬЦИЙЛІ** сын. хим. *Құрамында кальций элементі бар.*

**КАЛЬЦИНДЕУ** зат. хим. *Алюминийдің тотығын жоғары температурада (1200°С) қыздырып, сусыздандыру процесі.*

**КАЛЬЦИТ** зат. хим. *Карбонаттар табына жататын ақ немесе шыныдай жылтыр минерал.*

**КАЛЬЦИТИТТЕР** зат. хим. *Кристалды кальциттен тұратын гидротермалық түзілімдер.*

**КАЛЬЦИТТЕНУ** ет. хим. *Таужыныстар құрамындағы кейбір минералдың әртүрлі қосалқы процестер әсерінен кальцитпен алмасуы немесе таужыныстағы үралар мен жарықтардың жаңадан қалыптасқан кальцит минералмен дәнекерленуі.*

**КАЛЬЦИФИР** зат. геол. *Жоғары температура жағдайында кремнийлі-магнийлі әктастардың қайта кристалдануынан қалыптасатын әркелкі түйірлі таужыныс.*

**КАЛЮТРОН** зат. хим. *Уран изотоптарын бірінен-бірін ажыратып алуға арналған электрмагниттік аспап.*

**КАМАЗ** ор. зат. *Кама автокөлік зауытынан шыққан жүк көлігі.*

**КАМАЛ** сын. ескі кіт. ***Кемел***.

**КАМАЛАТ** сын. ескі кіт. ***Кәмелет***. // *Жетілген, кемелденген.*

**Камалатқа жетті**. ***Кәмелетке келді*** *(бойжетті).*

**КАМИЛ** сын. ескі кіт. ***Кемел***.

**Иманы камил болсын**. ескі кіт. тілек. *Иманы толық болсын.*

**КАМБАЛА** [фин. kampela] зат. зоол. *Теңізде тіршілік ететін пішіні жалпақ, тұрқы қысқа, екі бүйірі қабысыңқы сүйекті балық.*

**Камбала тәрізділер** [фин. kampala] зоол. *Теңізде тіршілік ететін алабұға тәріздес балықтардың бір отряды.*

**КАМБИЕТ** зат. экон. *Вексель операцияларымен айналысушы тұлға.*

**КАМБИЙ** [лат. cambium] зат. бот. *Ашық тұқымды және қосжарнақты өсімдіктер сабағы мен тамырындағы түзуші тіндер.*

**КАМБИЗМ** [итал. cambio] зат. экон. *Қаражатты басқа елдерге аударудың тиімді жолдарын қарастыратын валюталық операциялар стратегиясы.*

**КАМБИО** зат. экон. *Қарыздарлық хат, вексель.*

**КАМБИСТ** зат. қаржы. *Валюталық операциялар маманы.*

**КАМБУЗ** зат. *Кемедегі асүй.*

**КАМЕЛЕТТІК** зат. сөйл. ***Кәмелеттік***.

**КАМЕЛИЯ** [франц. camelia] зат. өс. *Әдемі, ірі гүлді үй өсімдігі.*

**КАМЕҢГЕР** сын. жерг. ***Кемеңгер***.

**КАМЕРА**[1] [лат. camera] зат. **1.** *Соттаушыны қамайтын түрмедегі жеке бөлме.* **2.** тех. *Ішінде қандай да бір зат, заттек сақталып, жасалатын тұтас құрылғының жабық бөліміне қатысты.* **3.** кен. *Тау-кен ісінде шахта ішінде әртүрлі техникалық мақсаттарға арналып жасалатын, ені мен ұзындығы бір-біріне шамалас кең қуыс.*

**КАМЕРА**[2] *Фото, кино, телевизиялық аппараттардың ішінде плёнка тұратын жабық бөлімі. // Бейнетаспаға, фототаспаға түсіретін аппарат.*

**КАМЕРА**[3] зат. *Ішіне ауа толтырылатын резеңке қапшық.*

**КАМЕРААРАЛЫҚ: камераaралық кентірек.** кен. *Кенорнын қазу барысында уақытша алуға болмайтын немесе алынбаған пайдалы қазылымдар шоғырының бөлігі.*

**Камераaралық қазбалар.** кен. *Камераaралық кентіректерді тесіп өтіп, камераларды қосатын қазба.*

**КАМЕРАЛЫ-ДІҢГЕКТІ: камералы-діңгекті жүйе.** кен. *Рұданы мол түрде қазып алу жұмыстары – камераларда жүргізілетін жерасты кен қазу тәсілдерінің бірі.*

**КАМЕРАЛЫҚ**[1] сын. муз. *Орындаушылардың шағын тобына арналып жазылған аспаптық немесе вокалдық шығармаға қатысты.*

**Камералық оркестр**. муз. *Камералық музыканы орындайтын құрамында он екіден жиырмаға дейін орындаушысы бар шағын шығармашылық ұжым.*

**КАМЕРАЛЫҚ**[2] сын. *Тау-кен ісінде шахта ішінде әртүрлі техникалық мақсаттарға арналып жасалатын, ені мен ұзындығы бір-біріне шамалас, кең қуысқа қатысты.*

**Камералық оттық.** кен. *Отыны ауа ағынында жанатын бу қазанының оттығы.* **Камералық пеш.** кен. *Бұйымдар мезгіл-мезгіл толтырылып жұмыс істейтін және жұмыс кеңістігінің барлық нүктелерінде температура біркелкі болатын пеш.* **Камералық флотация мәшинелері.** кен. *Бір-біріне жалғастырылған камералардан тұратын флотациялау процесінде қолданылатын мәшинелер.*

**КАМЕРГЕР** [нем. Kammerherr] зат. *Кейбір монархиялық батыс мемлекеттердегі сарай қызметшісінің атағы; шен.*

**КАМЕРТОН** [нем. Kammerton] зат. муз. *Музыкалық аспаптардың құлақ күйін (бұрауын) келтіру үшін пайдаланатын құрал.*

**КАМЕР-ЮНКЕР** [нем. Kammerjunker] зат. *Кейбір монархиялық батыс елдеріндегі сарай қызметшісінің кіші атағы, шен.*

**КАМЕЯ** [франц. camee] зат. *Дөңес бетінде салынған бедері, нақышы, суреті бар ойып алынған тас.*

**КАМЗОЛ** [франц. camisole] зат. этн. сөйл. *Қамзол (екі өңіріне кесте тігіліп, оюөрнек салынып, металл, күміс қапсырмалар тағылып, астарланып, көбінесе жеңсіз тігілетін көйлек сыртынан киілетін кисталды затлетін әйелдердің жеңіл ұлттық сырт киімі).*

**КАМИКАДЗЕ** зат. **1.** *Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жапон жерінің шабуылдаушы ұшағымен басын өлімге тігетін, ұшқыш.* **2.** ауыс. *Өзіндегі маңызды нәрсені, тіпті өмірін беріп, тәуекелге бел буушы.*

**КАМИН** [грек. kaminos] зат. **1.** *Оттығы ашық, мұржасы тік болатын бөлме ішіндегі пеш.* **2.** *Бөлмені жылытуға арналған электр немесе газды аспап.*

**КАМИНТАС** зат. жерг. *Астық бастыратын тас.*

**КАМИССИЕ** ор. зат. сөйл. ***Комиссия.***

**КАМПАНИЯ** [франц. campagne] зат. **1.** әск. *Белгілі бір кезеңде немесе әскери қимылдардың бір бөлігінде өткізілетін ортақ стратегиялық мақсаттағы операциялар жиынтығы.* **2.** *Әскери-теңіз флотының ұздіксіз жүзу немесе жорықка шығу кезеңі.* **3.** *Қоғамдықшаруашылық немесе шаруашылық маңызды мақсатты жүзеге асыру үшін белгілі бір кезеңде жүргізілетін жұмыстар.*

**КАМПИТ** зат. сөйл. ***Кәмпит.***

**КАМПОЛ** зат. жерг. *Жамылатын көрпе.*

**КАМПОРКА** зат. жерг. ***Камфорка*** *(үстіне аққұман қою үшін самаурынның оттығына кигізетін шілтерлі бөлік).*

**КАМПОС** [порт. campo] зат. геогр. *Амазонка және Парана өзендерінің суайрығында кездесетін Бразилия саваннасының жергілікті атауы.*

**КАМПУСТАР** зат. инф. *Бөлек ғимарат немесе бір кәсіпорын аумағының ішінде бөлімдердің бірнеше желілерін қосатын, бірнеше шаршы шақырым аумақты қамти алатын желі.*

**КАМУФЛЕТ** [франц. camouflet] зат. **1.** кен. *Жарылғыш заттар зарядының жердің қатты қабатын сыртқа лақтырмай, жерасты құрылыстарының қирату, қатты жер қабатын уату, жердің қатты қабатынан ұңғылап қуыстар жасау үшін және тағы да сол сияқты мақсатта жүргізілетін жерасты жарылысы.* **2.** әск. *Жерге кіріп кеткен артиллериялық снарядтардың, миналардың, авиабомбалардың шұңқыр жасамай жарылуы.*

**КАМУФЛЕТТІ** сын. әск. *Камуфлетке қатысты.*

**Камуфлетті жарылыс.** кен. *Кен алынып жатқан ұңғубетке параллель орнатылған, бірбірінен 5–8 метрдей қашықтыққа батыраңқы, тесіп өткен ұңғулердегі орналасқан оқтамдарды алдын ала жару әдісі.*

**КАМУФЛЯЖ** [франц. camouflage] зат. әск. *Кескінін көмескілендіріп, байқалуын қиындату үшін соғыс құралдары, кемелер мен ғимараттарды шұбар ала және т.с.с. түстерге бояу.*

**КАМҮНШІЛДІК** зат. сөйл. ***Коммуналық.***

**КАМФОРА** [лат. camphora] зат. *Медицинада, техникада қолданылатын ащы иісті, түссіз кристалл зат, камфора ағашынан алынатын дәрілік зат.*

**Камфора ағашы**. өс. <лат. cinnamomum comphora> *Лавр тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаш.* **Камфора майы.** мед. *Камфора ағашынан алынатын емдік мақсатта пайдаланылатын эфирлі май.*

**КАМФОРЛЫ** сын. *Камфорасы бар, камфора қосылған.*

**КАМШАТ** зат. сөйл. ***Кәмшат*** *(терісі бағалы аң). // Камшат терісінен жасалған, тігілген.*

**Камшат бөрік. *Кәмшат бөрік*.**

**КАНАГУРТА** зат. балықшар. *Шығыс Африка, Оңтүстік Азия, Солтүстік Австралия жағалауларында тіршілік ететін скумбрия тұқымдасына жататын балық.*

**Канада сарыраушаны.** өс. <лат. solidago canadensis> *Күрделігүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық бұта өсімдіктің түрі.*

**Канада:** Канада күріш, суарпа. зат. өс. *Күрішке де, арпаға да ұқсас, жартылай суға өсетін, шашағы өте ірі, дәнінің ұзындығы 1,5 см-ге жететін дәнді дақыл.*

**КАНАЛ**[1] [лат. canalis] зат. **1.** *Су ағатын жасанды арна.* **2.** тех. ***Арна*** *(коммуникация, байланыс желісі).* **3.** ***Арна*** *(әртүрлі бағдарламалар көрсететін телевизиялық байланыс желісі).* **4.** анат. *Қуысы арқылы, арнасы бойымен қандай да бір заттар өтетін тірі ағзадағы тамыр, мүше.*

**Канал жағасы.** сушар. *Жол өтетін және екпе ағаштар отырғызылатын каналдың екі жақ бойы.* **Канал қимасы.** сушар. *Каналдың гидравликалық ең тиімді көлденең қимасы.* **Каналдың тұнбалануы**. сушар. *Ағынды судың құрамындағы тасындылар мен жүзінді топырақ тұнбаларының канал табанына шөгіп жиналу процесі.* **Каналдың тұнбалануы**. сушар. *Ағынды судың құрамындағы тасындылар мен жүзінді топырақ тұнбаларының канал табанына шөгіп жиналу процесі.* **Каналдарды тазарту.** сушар. *Арнаулы гидротехникалық мәшинелермен канал периметрін, жағасын шөп-шаламнан, тұнбалардан, қоқым шөгінділерінен және т.б. тазарту.* **Каналдың тұнбалануы**. сушар. *Ағынды судың құрамындағы тасындылар мен жүзінді топырақ тұнбаларының канал табанына шөгіп жиналу процесі.*

**КАНАЛИЗАЦИЯ** зат. *Елді мекендер мен өндіріс орындарының лас суларын ағызып әкететін инженерлік құрылыстар, санитарлықтехникалық аспаптардың жүйесі.*

**Канализация желісі**. *Ағып келген лас су жиналатын және тазалаушы орындарға ағып жетуін қамтамасыз ететін канализацияның негізгі бөлігі.*

**КАНАЛИЗАЦИЯЛАНҒАН: канализацияланған өзен.** сушар. *Өзеннің немесе өзен арнасының кейбір жазық тұстарына қазылып салынатын канал түрі.*

**КАНАЛИЗАЦИЯЛЫҚ** сын. тех. *Канализацияға қатысты.*

**Канализациялық құдық**. тех. *Канализация желісін тексеруге, жууға, тазалауға және т.б. шараларды іске асыруға арналған имарат.*

**КАНАЛҚАЗҒЫШ: каналқазғыш соқалар.** тех. *Толық профильді су ағатын жасанды арна қазғыш құрал.*

**КАНАЛҚАЗҒЫШТАР** зат. тех. *Су ағатын жасанды арна құрылысын қазып, жүргізгіш техника.*

**КАНАЛТАЗАРТҚЫШ: каналтазартқыш мәшине.** тех. *Мелиорациялық жүйедегі тоғандар мен каналдардағы тұнбаны, өсімдіктерді, каналдардың бұзылған ернеулерін тазалайтын мәшине.*

**КАНАЛШЫ** зат. *Канал қазушы адам.*

**КАНАМИЦИН** зат. мед. *Туберкулез микробтарына жойқын әсер ететін антибиотик түрі.*

**КАНАПЕ** [франц. canape] зат. *Бас жағы биіктетіліп жасалған шағын диван.*

**КАНАТ** зат. **1.** тех. *Болат сымнан жасалған арқан.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің арасындағы байланыс.*

**КАНАТТЫ** сын. тех. *Канатқа негізделген.*

**Канатты беріліс**. тех. *Айналмалы қозғалысты бір біліктен екіншісіне түйықталған канат арқылы жеткізуге арналған құрылғы.*

**КАНАТТЫ-СОҚҚЫЛЫ: канатты-соққылы бұрғылау**. кен. *Тау жыныстарын әртүрлі қашаулармен соққылау арқылы ұңғыма бұрғылау тәсілі.*

**КАНГЕНДЖАНГА** [тибет – үлкен қардың бес қазынасы] зат. геогр. *Гималай тауларының түпкі шығысындағы сегізмыңдық биіктіктегі шың. Шыңның үш басы бар: Негізгі (8585 м), Батыстық (8500 м), Оңтүстіктік (8473 м).*

**КАНДЕЛА** [лат. candela] зат. *Халықаралық бірліктер жүйесінде жарық күшінің негізгі бірлігі.*

**КАНДИДАМИКОЗ** зат. мед. *Адамда ауру қоздыратын, кандида туысына жататын ашытқыш саңырауқұлақтарға ұқсас, біржасушалы микроағзалар.*

**КАНДИДАТ** [лат. candidatus] зат. **1.** саяси. ***Үміткер*** *бір нәрсеге (депутаттыққа, қызметке, т.б. сайлауға, тағайындауға немесе өтуге лайықты адам).* **2.** ғыл. *Кандидаттық минимумдарды тапсырып, кандидаттық диссертациясын қорғаған адамға берілетін ғылыми дәреже.*

**КАНДИДАТТЫҚ**[1] зат. **1.** саяси. *Бір нәрсеге (партияға, т. б.) кандидат болушылық.* **2.** *Ғылым кандидаты дәрежесін алушылық.*

**КАНДИДАТТЫҚ**[2] сын. ғыл. *Кандидат ғылыми дәрежесін алуға арналған.*

**Кандидаттық минимум.** ғыл. *Кандидаттық диссертация қорғау құқығына ие болу үшін аспиранттар мен ізденушілер тапсыратын емтихан.*

**КАНДИДАТУРА** [лат. candidatus] зат. ***Үміткер*** *(бір орынға, қызметке, партияға лайықты деп ұсынылған адам).*

**КАНДИДОЗ** [лат. candida] зат. мед. *Ағзаның ішкі кілегей қабаттарына орналасып,*

*өсіп-өнетін ашытқы саңырауқұлақтарынан тарайтын ауру.*

**КАНДИЛЬ** [грек. kandilon] з а т. *Шырынды алма сорты.*

**КАНИКУЛ** [лат. caniculares dies] з а т. ***Демалыс** (оқушылар мен студенттерге тоқсан немесе семестр арасында және оқу жылы біткеннен соң берілетін демалыс мезгілі).*

**КАНИСТР** [ағыл. canister] з а т. *Су немесе бензин, керосин т. б. сақталынатын аузы жабық ыдыс.*

**КАНИФОЛЬ** [грек. kolophonia] з а т. х и м. *Қарағай шайыры құрамында болатын шыны тәрізді, ашық сары түсті қатты зат.*

**КАНКА** ор. з а т. ж е р г. *Шананың табан темірі.*

**КАННА**[1] [гр. kanna] з а т. ө с. *Гүлі көбінесе қызыл болып келетін көпжылдық тропикалық шөптесін өсімдіктің түрі.*

**КАННА**[2] з а т. з о о л. <лат. taurotragus oryx> *Сүтқоректілер табы қуысмүйізділер тұқымдасына жататын сарғылт сұр түсті, ашатұяқты жануар.*

**КАННА**[3] з а т. б а л ы қ ш а р. *Жас балықтарды тасуға арналып жасалған, ыстық, суық өтпейтін төрт бұрышты жеңіл жәшік.*

**КАННИБАЛИЗМ** [лат. cannibalisme] з а т. **1.** б и о л. *Бір түр өкілдерінің бірін-бірі жеп қоюы.* **2.** п с и х о л. ***Қаныпезерлік** (алғашқы қауымдық құрылыс адамдары арасында таралған адам етін жеу).*

**КАННЕЛЬ** [эст. kannel] з а т. м у з. *Тізеге қойып ойналатын отыз шекті аспап.*

**КАНОН** [гр. kanon] з а т. **1.** *Қандай да бір бағыттың, ілімнің ережесі, алдын ала белгіленген қағидасы.* **2.** м у з. *Әртүрлі орындаушылардың бірінен соң бірі музыкалық тақырыпты қайталауы.* **3.** м а т. *Математикадағы тұрақты, стандартты шама, формула, т.б.*

**КАНОНАДА** [франц. canonnade] з а т. ә с к. *Өте күшті және жиі айтқылайтын зеңбірек немесе артиллерия атысы.*

**КАНОНДЫҚ** с ы н. **1.** *Канонға қатысты, соған сәйкес; канон бойынша.* **2.** м а т е м. *Математикадағы тұрақты, стандартты шама, формула, т.б. қатысты, соған тән.*

**КАНОЭ** [ағыл. canoe; исп. kanoa – криб үнділері тілінен алынған] з а т. с п о р т. **1.** *Кескіні иіліп келген, қаңқасы жылтыр тақтайдан немесе пластмассадан жасалған спорттық еспе қайық.* **2.** с п о р т. *Қысқа ескекті кішігірім еспелі қайық.*

**КАНОЭШІ** з а т. с п о р т. *Каноэ қайығымен жарысқа қатысушы.*

**КАНТАЛУПА** з а т. т а м а қ. *Дөңгелек немесе сопақша қауын сорты.*

**КАНТАТА** [ит. cantata] з а т. м у з. *Жеке әншілер мен ансамбль, хорға арналған лирикалық-эпикалық, салтанатты сипаттағы вокалды-симфониялық шығарма.*

**КАНТОН** [франц. canton] з а т. с а я с и. *Швейцариядағы аумақтық, Бельгия сияқты т.б. елдердегі ең кіші әкімшілік-аумақтық бірлік.*

**КАНТОНДАЙ** с ы н. *Кантон сияқты.*

**КАНТРИ** [ағыл. country] з а т. м у з. *Америка Құрама Штаттарында кең таралған халық әуендерінің негізіндегі музыкалық стиль.*

**КАНТУН** з а т. *Шайдың бір түрі.*

**КАНУН** з а т. е с к і к і т. ***Қанун.***

**КАНЦЕЛЛИНГ** [ағыл. cancelling] з а т. э к о н. *Жалға алынған кеменің жүк жөнелтілген портқа келуінің және оның жүк тиеуге дайын болуының шекті мерзімі.*

**КАНЦЕРОГЕНДІ** [лат. cancer – ісік, грек. genos – пайда болу] с ы н. м е д. *Қатерлі ісік тудыратын затқа қатысты.*

**Канцерогенді зат.** м е д. *Ағзада әртүрлі қатерлі ісік ауруын туғызатын химиялық қосылыстар.* **Канцерогенді заттектер**. м е д. ***Канцерогенді зат.***

**КАНЦЕРОГЕНДІК** с ы н. м е д. *Қатерлі ісік тудырушы.*

**КАНЦЛЕР** [нем. Kanzler] з а т. с а я с и. *Кейбір еуропалық және т .б. мемлекеттерде премьер-министрлерге, жоғары шенді қызмет адамдарына берілетін лауазым және сол лауазымға ие адам.*

**КАНЦЕРОГЕН** з а т. *Ағзада аса қауіпті ісік ауруларын туғызатын немесе оның пайда болуына әсер ететін денелер.*

**КАНЬОН** [исп. cañon] з а т. г е о г р. *Тік құлама беткейлі терең, табаны тар аңғар.*

**КАОЛИН** з а т. г е о л. *Қағаз, фарфор сияқты т.б. әртүрлі өндірісте қолданылатын балшықты минералдардан құралған таулы жыныс.*

**КАОЛИНДЕНУ** з а т. г е о л. *Әртүрлі алюмосиликаттар, дала шпаттары және слюдалардың есесінен каолиннің түзілуіне себепші болатын тау жыныстардың өзгеру процесі.*

**КАОЛИНДІК** с ы н. г е о л. *Каолиннен тұратын; каолинге тән, соған қатысты.*

**КАОЛИНИТ** з а т. х и м. *Алюминийдің сулы силикаттар тобындағы сазды минерал.*

**КАОЛИНИТТІ** с ы н. г е о л. *Каолинитке қатысты, каолиниті бар.*

**КАОЛИНОЛИТТЕР** з а т. г е о л. *Жартысынан артығы каолиннің минералдарынан тұратын шөгінді таужыныс.*

**КАП...** *Мағынасы капиталистікке қатысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**КАПЕЛЛА** [лат. capella] з а т. **1.** м у з. *Ешбір музыкалық аспаптардың сүйемелдеуінсіз бір топ әншілердің орындауындағы хор.* **2.** м у з. *Шіркеу әншілерінің хоры.* **3.** с ә у л е т. *Батыс Еуропа елдерінде бір ғана әулеттің мінәжат етуіне, табынатын діни қасиетті заттарды сақтауына, кейде шіркеу әншілерін орналастыруға арналған діни құрылыс.*

**КАПЕЛЬМЕЙСТЕР** [нем. Kapellmeister] з а т. *Әскери үрлемелі, симфониялық, т.б. оркестрдің жетекшісі.*

**КАПИЛЛЯР** [лат. capillaris] з а т. а н а т. **1**. ***Қылтамыр** (қан айналу және лимфа жүйелерінің өте жіңішке түтікшелері).* **2.** т е х. *Ішкі арнасы тар жіңішке түтік.*

**Капилляр су.** г е о г р. *Жерүстілік керу күшінің әсерімен жыныстар мен таужыныстардың капиллярлық қуыс-қуыстарында пайда болатын байланысқан су тобына жататын жерасты суы.*

**КАПИЛЛЯРЛЫҚ** с ы н. ф и з. **1.** *Бір-бірімен араласпайтын заттардың беттік керілу күшіне қатысты.* **2.** *Ішкі арнасы тар жіңішке түтікке қатысты.*

**Капиллярлық аумақ.** г е о г р. *Жер бетіне жақын жатқан жерасты суының топырақ кеуектілігі мен түтікшелері арқылы жоғары бетке көтерілу процесі.* **Капиллярлық кеуектер.** г е о г р. *Капиллярлық күштердің әсерімен ішінде су және басқа да сұйық заттар жүре алатын тар жарықшақтар, каналдар және басқа да бос кеңістіктер немесе топырақ бойындағы су өтетін немесе буланып ұшатын түтікшелер.* **Капиллярлық көтерілу аумағы.** с у ш а р. *Жерасты сулары капиллярлық мөлшердегі кеуектерде, жарықшақтарда және т .б. қуыстарда капиллярлық күштердің әсерімен басылыңқы жағдайда тұратын ауаланы аумағының төменгі бөлігі.* **Капиллярлық көтерілу биіктігі**. сушар. *Капиллярлық күштердің ұстап тұра алатын су бағанасының биіктігі.* **Капиллярлық құбылыстар**. ф и з. *Бір-бірімен араласпайтын заттардың беттік керілудің әсерінен пайда болатын физикалық құбылыстар.* **Капиллярлық қысым**. с у ш а р. *Судың капиллярлық көтерілу биіктігіне сәйкес келетін қысым.* **Капиллярлық су.** г е о г р. ***Капилляр сулары**.* **Капиллярлық тегеурін**. с у ш а р. *Капилляр арқылы су көтерілу ауқымы негұрлым зор болған сайын, жоғарылау қарқыны төмендей беретін капиллярлық қысыммен тығыз байланысты ұғым.* **Капиллярлық ылғал**. с у ш а р. *Топырақтағы бос ылғал, топырақтың ұстап тұрған суы немесе топырақтағы капиллярлық күштің әсерінен судың көтерілуі.* **Капиллярлық ылғал сыйымдылығы.** с у ш а р. *Тау жыныстарының капиллярлы аралықтарында еркін ағу жағдайында сақталған су мөлшері.*

**КАПИЛЛЯРЛЫЛЫҚ** з а т. с у ш а р. *Судың немесе басқа да сұйық заттардың таужыныстардың жіңішке капиллярлық түтіктерінде, жұқа, тар жарықшақтарында, ұсақ кеуектерінде, қатты және сұйық фазалардың шегарасында пайда болатын беттік керілу күштерінің әсерінен жоғары көтерілуі және ұсталып тұру қасиеті.*

**КАПИТАЛ** [ағыл. capital] з а т. э к о н. **1.** *Табыс әкелетін құралдар (мүлік, ақша, жылжымайтын мүлік жиынтығы) немесе адам тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер т.б. өндіру қызметтерін көрсету үшін жасалған ресурстар.* **2.** *Өндіріс құрал-жабдығы, ақшалай қаражат, зияткерлік меншік түрінде іске жұмсалатын табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі.* **3.** с о в е т. *Ленинизмде қосымша құн түсіретін, құн түріндегі капиталистердің жалдамалы жұмысшылардың еңбегін қанау жағдайын көрсететін ұғым.* **4.** с ө й л. *Өсіммен берген ақшадан түскен пайда, қосымша құннан түскен құн.*

**Капитал айналымы.** э к о н. *Дүркін-дүркін жаңарып отыратын процесс ретінде қаралатын капиталдың дәйекті түрде авансылануын (өндіріс құрал-жабдығын сатып алуға, еңбекақы төлеуге аванс берілуін), өндірістік тауардың өткізілуін, бастапқы нысанға қайтып оралуын қамтитын ауыспалы айналымы.* **Капитал әкетілімі.** э к о н. *Басқа елдерден нақты активтер мен бағалы қағаздар сатып алу үшін елдің заңды немесе жеке тұлғалары жұмсаған шығындардың сомасы.* **Капиталдар рыногы.** э к о н. ***Капитал нарығы.*** **Капиталдың айналымдылығы.** э к о н. *Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға авансыланған ақшалай қаражаттың қайтарылу жылдамдығы.* **Капиталдың ауыспалы айналымы.** э к о н. *Капиталдың өндіріс саласындағы қозғалыс процесі.* **Капиталдың қорлануы.** э к о н. *Қосымша құнның бір бөлігінің капиталға айналуы және оның капиталистік өндірісті ұлғайтуға пайдаланылуы.* **Капиталдың орталықтануы**. э к о н. *Бірнеше капиталдарды негұрлым ірі бір капиталға біріктіру нәтижесінде капитал мөлшерінің өсуі.* **Капиталдың пайдалылығы.** э к о н. *Жұмсалған капиталдың бір теңгесіне шаққандағы алынған пайданың шамасын сипаттайтын көрсеткіш.* **Капиталдың тәуелділік коэффициенті.** э к о н. *Артықшылықты бағалы қағаздар бойынша сатып алынған капиталдың компания капиталына қатынасы.* **Капиталдың шоғырлануы.** э к о н. *Капиталдың қорлануы барысында жеке капитал көлемінің ұлғаюы, қосымша құнның капиталға айналуы.* **Капитал жұмсалымы.** э к о н. *Негізгі капиталға инвестиция салу, жаңа құрылысқа, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге шығын жұмсау, негізгі және айналым қорларының көлемін ұлғайтуға, құрылымын жақсартуға жұмсалатын бір жолғы шығын сомасы.* **Капитал нарығы.** э к о н. *Орташа және ұзақ мерзімді несие капиталына сұраным қалыптастыру аясы болып табылатын несие капиталдары рыногының бір бөлігі.* **Капитал сыйымдылығы.** э к о н. *Негізгі капиталдың тиісті кезінде өндірілген өнімге немесе оның бір бөлігіне қатынасымен айқындалатын көрсеткіш.* **Капитал экспорты.** э к о н. *Капиталды шетелге шығару.* **Капиталдың органикалық құрамы.** э к о н. *Тұрақты капиталдың ауыспалы капиталға қатынасынан пайда болатын құндық құрамы.*

**КАПИТАЛДАНДЫРУ** з а т. э к о н. **1.** *Пайданы, табысты капиталға айналдыру, оны істі ұлғайтуға пайдалану.* **2.** *Кәсіпорынның құнын бағалау әдісі.*

**КАПИТАЛДАНДЫРЫЛ=** ет. *Табыстық капиталға айналдыру.*

**Капиталдандырылған дивиденд.** экон. *Қосымша акциялар нысанында төленетін табыс бөлігі, есептелген, бірақ акционерлік капиталды көбейтуге бағытталған, қолға берілмеген дивидендтер.*

**КАПИТАЛИЗМ** зат. саяси. **1.** *Өндіріс факторлары мен құрал-жабдықтарға жекеменшік кеңінен таралған, сондай-ақ өндірілген өнім, тауарлар, игіліктер, қызмет көрсетулер негізінен нарық арқылы бөлінетін экономикалық жүйе.* **2.** *Қоғамдық даму сатыларының маркстік теорияға сәйкес әлемдік экономика дамуының тарихи бес кезеңінің бірі, феодализмді ауыстырған қоғамдық және мемлекеттік құрылыс.*

**КАПИТАЛИСТ** зат. **1.** *Капитал иесі, ауқатты әлеуметтік топ өкілі.* **2.** саяси. *Ленинизмде буржуазиялық қоғамдағы капитал иесі; жалдамалы жұмысшыларды қанаушы тап өкілі.*

**КАПИТАЛИСТІК** сын. саяси. **1.** *Өндіріс факторлары мен құрал-жабдықтарға жекеменшіктік қатынас кеңінен таралған, сондай-ақ өндірілген өнім, тауарлар, игіліктер, қызмет көрсетулер негізінен нарық арқылы бөлінетін экономикалық жүйеге қатысты, соған тән.* **2.** *Қоғамдық даму сатыларының маркстік теорияға сәйкес әлемдік экономика дамуының тарихи бес кезеңінің біріне, феодализмді ауыстырған қоғамдық және мемлекеттік құрылысқа қатысты, соған тән.*

**Капиталистік қоғам.** қоғ.-саяси. *Бүкіл өндіріс құралдары капиталистердің жеке меншігінде шоғырланған, адамды адам қанауға, үстем тап өкілдері жұмысшы еңбегінің өнімдерін иемденуіне негізделген буржуазиялық құрылыс.*

**КАПИТАЛШЫЛАР** зат. саяси. *Зауыт, фабрика иелері, қолдарында ірі қаражат, өндіріс құралдары мен орындары бар ауқатты әлеуметтік топ өкілдері.*

**КАПИТАЛШЫЛДЫҚ** зат. саяси. ***Капитализм*** *(өндіріс құралдары жекеменшігінің түрлі формалары, нарықтық экономика және өндіріс құралдарының иелері мен жалдамалы жұмысшы топтарынан құралған азаматтық қоғам негізіндегі қоғамдық құрылыс).*

**КАПИТАН** [франц. capitaine] зат. әск. **1.** *Армия мен флоттағы, полициядағы (милициядағы) аға лейтенаттан кейінгі офицерлік шен; атақ, осы шен иесі.* **2.** *Кеме (пароход) командирі.* **3.** спорт. *Команда жетекшісі, басшысы.*

**КАПИТАНДАЙ** сын. *Капитан сияқты.*

**КАПИТАНДЫҚ** сын. әск. *Капитан болушылық. // Капитан қызметі.*

**КАПИТЕЛЬ** [лат. capitellum] зат. сәулет. *Сәулет өнерінде тіреу бағанының немесе белдеудің арқалықпен жалғасатын жері, үйлесімді түрде арнайы көрсетілген ұшар басы.*

**КАПИТУЛЯНТ** зат. *Қиыншылыққа шыдамай, жалпы істен бас тартқан адам; сатқын.*

**КАПИТУЛЯНТТЫҚ** сын. *Сатқындық, опасыздық; тез берілгіштік.*

**КАПИТУЛЯЦИЯ** [лат. capitulatio] зат. әск. *Жеңуші жақ шарттарына қарсы жақтың мойынсұнуы немесе екі жақ қолбасшыларының өзара келісіміне сәйкес жеңілген жақтың қарсыласуын тоқтатып, тізе бүгуі.*

**КАПИТУЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. *Капитуляцияға тән.*

**КАПЛЕР** зат. балықшар. *Ауланған балықты қайықта сүзекіден алып, басқа ыдысқа салуға арналған, торлап жасалған үлкен қауға.*

**КАПОНИР** [лат. caponniere] зат. әск. **1.** *Екі қарама-қарсы жаққа оқ жаудыруға арналған қорғаныс құрлығы.* **2.** *Ұшақтарды жасыратын үйіндіден жасалған орын, тұрақ.*

**КАПОР** [гол. kaper] зат. *Балалардың немесе әйелдердің иегінің астынан байланатын баскиім.*

**КАПОТ** [фр. capote] зат. тех. *Мәшиненің моторын жауып тұратын сауыт.*

**КАПРАЛ** [фр. caporal] зат. әск. *XVIII–XIX гг. орыс және қазіргі кейбір шетел әскерлерінің кіші командиріне берілетін әскери атақ және сол атаққа ие адам.*

**КАПРИЧЧИО** [ит. capriccio] зат. *Ерекше екпінділігімен, ойнақылығымен айрықшаланатын музыкалық шығарма; фантазия.*

**КАПРОЛАКТАМ** зат. хим. *Ақ түсті қосылыс түріндегі аминокапрон қышқылының лактамы.*

**КАПРОЛИТ** зат. хим. ***Капролон.***

**КАПРОЛОН** зат. хим. *Капролактамды полимерлеу арқылы алынған поликарбамидтің ТМД-дағы қабылданған саудадағы атауы.*

**КАПРОН** зат. тоқыма. *Жасанды талшық және сол талшықтан тоқылған мата.*

**Капрон шұлық.** *Синтетикалық жолмен жасалған жұқа шұлық.*

**КАПРОНАТ** зат. *Жасанды талшық; капронның бір түрі.*

**КАПСЕЛЬ** [нем. Kapsel] зат. тех. *Күйдірілетін шикі өнімді орналастыруға және оны күл, не отын газдарымен араласудан сақтап қалуға арналған отқа төзімді бұйым.*

**КАПСУЛА** [лат. capsula] зат. *Жануарлар ағзасындағы қомақты мүшелердің сыртқы дәнекер ұлпалы қапшығы.*

**КАПСЮЛЬ** [франц. capsule] зат. тех. *Түрлі жарылғыш заттарға, оқ-дәрілерге от беретін (тұтандыратын) металл түтікше.*

**КАПСЮЛЬ-ДЕНОТАТОР** зат. тех. *Тау жыныстарын қопару жұмыстарында т.б. жарылыстар жасауда қолданылатын оқ-дәрімен жабдықталған арнайы түтікше.*

**КАПСЮЛЬДІК** сын. *Капсюльге тән.*

**КАПСЮЛЬСІЗ** сын. тех. *Капсюльдің көмегінсіз, оның қатысынсыз.*

**Капсюльсіз жарылыс.** тех. *Дүмпіткіш пілтенің көмегімен жару әдісі.*

**КАПТАЖ** [франц. captage] зат. ***Шеген*** *(тоспа, қоршау).*

**КАПТАЖДА=** ет. ***Шегендеу*** *(қоршау, тоспа жасау).*

**КАПТАЖДАУ** *Каптаждау етістігінің қимыл атауы; шегендеу.*

**КАПУСТА** зат. өс. **1.** ***Қырыққабат*** *(тамаққа пайдаланылатын бақша дақылы, қабат-қабат жасыл жапырақтары тығыз орналасқан жұмыр көкөніс).* **2.** бот. <лат. brassica> *Крестгүлділер тұқымдасына жататын өсімдік туысы.*

**Капуста ақкөбелегі.** зоол. <pieris brassicae> *Ақ көбелектер тұқымдасына жататын капустаның және капуста тұқымдас өсімдіктердің зиянкесі, күндіз тіршілік ететін көбелек.* **Капуста бітесі.** зоол. <лат. brevicoryne brassicae> *Тұмсықты теңқанаттылар отрядына жататын жәндік.* **Капуста қоңыркөбелегі.** зоол. <лат. barathra brassicae> *Түн көбелектер тұқымдасына жататын капуста зиянкесі.* **Капуста шыбыны.** зоол. *Гүл шыбындары тұқымдасына жататын жәндік, капуста тұқымдасының зиянкесі.*

**КАПУЦИНДЕР** [итал. cappuccino] зат. діни. *Реформация идеяларымен күресу мақсатында XVI г. құрылған кедейленген католиктік монахтық орден.*

**КАПЮШОН** зат. *Сыртқы киімге жағасымен бірге тігілген қайырмалы баскиім.*

**КАПЮШОНДЫ** сын. *Капюшоны бар.*

**КАР** [нем. Kar] зат. геогр. *Шағын мұздықтардың жылжуынан және қар көшкінінің әсерінен таудың жоғарғы бөлігінде пайда болатын табиғи ойпаң.*

**КАРАБИН** [франц. carabine] зат. әск. *Көбіне атты әскерге арналған қысқа ұңғылы винтовка.*

**КАРАМА** зат. діни. *Мұсылман әулиелері (уәли) жасаған табиғат күшінен тыс ғажайыптар.*

**КАРАМБОЛЬ** [франц. carambole] зат. спорт. *Бильярд ойынында соғылған шардың біріншісіне соқтығысуы арқылы екіншісін ұңғыға кіргізуі.*

**КАРАМЕЛЬ** [франц. caramel] зат. тамақ. **1.** *Ішіне тосап, қантты сірне т.б. салынған сырты қатты кәмпит.* **2.** *Сырты қатты кәмпиттің ортасына салынатын тосап, сірне түріндегі қоймалжың тәтті зат.* **3.** *Кондитер өнімдерін бояуға арналған күйдірілген қантты шырыш.* **4.** *Сыраның түсін бояуға арналған қуырылған уыт.*

**КАРАНТИН** [франц. quarantaine] зат. мед. *Жұқпалы аурумен ауырған адамды не малды басқалардан уақытша (жазылғанша) бөлек ұстау ісі.*

**Карантин өңірі.** мед. *Мемлекеттік шегара арқылы жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу мақсатында малдәрігерлік қадағалау органдарының ұсынысы бойынша мал ұстауға тыйым салынған мемлекеттік шегараның бойындағы жер өңірі.*

**КАРАНТИНДІК** сын. мед. *Карантинге қатысты, соған тән.*

**Карантиндік арамшөптер.** егіншар. *Белгілі бір өңірде жоқ және аз таралған, бірақ өте тез таралуға бейім келетін арамшөптің аса зиянды түрлері.* **Карантиндік шаралар.** мед. *Жұқпалы ауруларға шалдыққан немесе сол індеттер бойынша күдікті адамдар мен жануарларды жұқпалы аурулардан сақтауға, сол аурулардың жан-жаққа таралмауы үшін алдын ала жүргізілетін әкімшілік, медициналық-санитариялық, ветеринариялық-санитариялық кешенді шаралар жүйесі.*

**КАРАОКЕ** [ағыл. karaoke] зат. муз. *Дайын музыкалық сүйемелдеу бойынша экраннан ән мәтінін оқып тұрып кез келген әнді айтуға арналған әнсүйерлерге арналған аппарат.*

**КАРАОКЕ-БАР** зат. *Караокемен жабдықталған арнаулы мекеме немесе зал.*

**КАРАТ** [нем. Karat] зат. *Бағалы тастар мен інжу-маржанның салмағын анықтайтын массаның үлестік бірлігі.*

**КАРАТИСТ** зат. сөйл. *Каратэшы.*

**КАРАТЭ** жап. зат. спорт. *Адам денесінің әлсіз жерлерін қолмен, аяқпен соққылауға негізделген жапондық қарусыз қорғаныс жүйесі, спорттық күрестің бір түрі.*

**КАРАТЭ-ДО** жап. зат. спорт. *Каратэнің бір түрі.*

**КАРАТЭ-РЮ-КЮ** зат. спорт. *Қазіргі Окинава аралдар тобы тұрғындырының байырғы дәстүрлі әскери жекпе-жегінің түрі.*

**КАРАТЭШІ** зат. *Каратэмен шұғылданушы, спортшы.*

**КАРБАЗОЛ** зат. хим. ($C_{12}H_{9}N$ *гетероциклді қосылыс.*).

**КАРБАМИД** зат. хим. *Көмір қышқылының амиді.*

**КАРБАНИОН** зат. хим. *Үш ковалентті теріс зарядталған көміртек атомы бар ион.*

**КАРБАНИОНДЫ** сын. хим. *Карбанионы бар.*

**КАРБЕНДЕР** зат. хим. *Екі валентті көміртектің тұрақсыз органикалық қосылыстары.*

**КАРБИД** [гр. carbo – көмір, eidos – түр] зат. *Металдың көміртегімен қосылысы.*

**КАРБИДТЕР** зат. хим. *Көміртектің металдармен және кейбір бейметалдармен қосылыстары.*

**КАРБИН** зат. хим. *Жай зат, көміртектің аллотропиялық түр өзгерісі, құрылымы сызықты, жартылай өткізгіш.*

**КАРБО** [лат. carbo] хим. *Көміртек қосылысын, көмір қосылысын көрсететін күрделі сөздің құрамындағы бір бөлігі.*

**КАРБОАНГИДРАЗА** зат. хим. *Көмір қышқылының ыдырауын, түзілуін тездететін фермент.*

**КАРБОИДТЕР** зат. хим. *Қатты отындардың термиялық өнімдерінің құрамында болатын жоғары ассоциацияланған өнімдер.*

**КАРБОКСИГЕМОГЛОБИН** зат. биол. *Жануарлар қанындағы көміртек тотығы, иіс газының гемоглобинмен қосылуынан пайда болатын зат.*

**КАРБОКСИЛАЗА** [грек. carbo – көмір, oxys – қышқыл] зат. хим. *Қанды спиртке айналдыру процесіне қатысатын ферменттердің бірі.*

**КАРБОКСИЛДЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылыстардың құрамына карбоксил тобын енгізу процесі.*

**КАРБОКСИЛЬДІ: карбоксильдң қосылыстар**. хим. *Орталық атом (көбіне металдар) және онымен байланысқан молекулалардан немесе иондардан тұратын фрагменттері бар. Өздігінен жүре алатын химиялық қосылыстар.*

**КАРБОКСИЛСІЗДЕНУ** зат. хим. *Карбон қышқылының карбоксил тобының ыдырап, $CO_2$-нің бөлініп шығуы.*

**КАРБОЛ: карбол қышқылы.** хим. *Күлгін сұр түсті, ерекше иісті улы зат, сілтілі зарарсыздандырғыш сұйық; фенол.*

**КАРБОЛЕН** зат. мед. *Белсендірілген көмірден жасалған таблетка; дәрі.*

**КАРБОЛИНЕУМ** зат. хим. *Тақтасы және шымтезек шайырлары негізіндегі препарат.*

**КАРБОЛКА** ор. зат. хим. ***Карбол қышқылы.***

**КАРБОН** [лат. carbo] зат. геол. *Таскөмір кезеңі, таскөмір жүйесі.*

**КАРБОН: карбон қышқылы.** хим. *Құрамында карбоксилі бар органикалық қосылыс.*

**КАРБОНАД** [франц. carbonnade] зат. тамақ. *Жас еттің жұмсағына татымдық дәмдеуіштер (сарымсақ, мускат жаңғағы және т. б.) қосып пісірілген тағам.*

**КАРБОНАДО** [исп. carbonado] зат. мин. *Қара не сұр түсті, ұсақ түйіршікті алмас.*

**КАРБОНАТ** зат. хим. *Көмір қышқылының тұзы; соды.*

**КАРБОНАТИТ** зат. мин. ***Карбонатиттер** (көмір қышқылының тұзынан құралған магмалық таужыныс).*

**Карбонатит кендері**. кен. ***Карбонатиттік кендер**.*

**КАРБОНАТИТТЕР** зат. геол. *Құрамындағы карбонатты минералдар жартысынан асатын эндогендік тау жыныстары.*

**КАРБОНАТИТТІК** сын. геол. *Карбонатитке қатысты.*

**Карбонатиттік кендер.** кен. *Ультранегізді-сілтілі магмалық тау жыныстарымен байланысты түзілген және оларда шоғырланған кен орындары тобы.*

**КАРБОНАТТАНУ** зат. геол. *Таужыныстарда, рудалар мен минералдарда карбонаттардың ұстеме ретінде дамуына әкеліп соғатын процестер жиынтығы.*

**КАРБОНАТТАР** зат. хим. *Көмір қышқылының тұздары.*

**Карбонаттардың түзілуі.** геол. *Мұхит, теңіз және көл түбіндегі шөгінділер құрамында карбонаттардың түзілуі.*

**КАРБОНАТТЫ** сын. хим. *Карбонаты бар, карбонаттан тұратын.*

**КАРБОНДАЛ=**ет. хим. *Жүнге жабысқан заттарды немесе жартылай жүн маталардың өсімдік талшықтарын күкірт қышқылымен ыдыратылуы (жаңсақ атау).*

**КАРБОНДАЛУ** хим. *Карбондал етістігінің қимыл атауы.*

**КАРБОНДАНДЫРУ** зат. хим. **1.** *Әртүрлі ерітінділерді көмірқышқыл газымен қаныктыру.* **2.** *Жүнге жабысқан заттарды немесе жартылай жүн маталардың өсімдік талшықтарын күкірт қышқылымен ыдырату химиялық әдісінің жаңсақ атауы.* **3.** *Алюминатты ерітінділерден алюминийдің кристалдық гидрооксидін газды көмірқышқылымен өңдеу арқылы бөліп алу әдісі.*

**КАРБОНДАУ** зат. хим. ***Карбондандыру** (органикалық заттарды әртүрлі агенттермен айыру арқылы олардағы көміртек мөлшерін көбейту процестерінің жинтығы).*

**КАРБОНИЛ: карбонил әдісі.** хим. *Никельдің көмірқышқыл газымен әрекеттескенде никель карбонилін түзу қабілеті негізінде мыс-никель файнштейнінен таза никельді бөліп алу әдісі.*

**КАРБОНИЛДІ: карбонилді тазарту.** кен. *Металдардың көмір тотығымен – карбонил тобымен химиялық қосылыстар түзуі арқылы металдарды бөлу (тазалау).*

**КАРБОРУНД** зат. хим. *Кремнийдің жасанды карбиді (SiC).*

**КАРБОТЕРМИЯ** зат. хим. *Металдар оксидтерін көміртекпен тотықсыздандыру әдістері.*

**КАРБОТЕРМИЯЛЫҚ** сын. хим. *Карботермияға қатысты.*

**Карботермиялық әдіс.** *Магнезитті (магний тотығын) жабық электр пеште, жоғары температурада қорытып, ондағы магнийді көміртек қосып ажыратып алу әдісі.*

**КАРБОТІЗБЕКТІ: карботізбекті полимерлер**. зат. хим. *Макромолекуласының негізгі тізбегі көміртек атомдарымен ғана байланысқан полимерлер.*

**КАРБОФОС** зат. хим. *Ашық немесе күңгірт қоңыр түсті, зиянкес жәндіктерді жоюға арналған улы зат.*

**КАРБОЦИКЛДІ** [гр. carbo – көмірі, kyklos – шеңбер]: **карбоциклді қосылыстар**. хим. *Изоциклді қосылыстар, молекулалары сақина түзіп қосылысқан көміртек атомдарынан тұратын органикалық қосылыстар.*

**КАРБЮРАТОР** [франц. carburateur] зат. тех. *Сұйық отын мен ауадан іштен жанатын қозғалтқыш үшін жанғыш қоспа дайындауға арналған аспап.*

**КАРБЮРАТОРЛАУ** зат. тех. <франц. carburetion> *Жанғыш қоспа дайындау процесі.*

**КАРБЮРАТОРЛЫ: карбюраторлы қозғалтқыш**. тех. *Жанғыш қоспа карбюраторында түзіліп, цилиндрінде электр ұшқынымен тұтанатын іштен жанатын қозғалтқыш.*

**КАРБЮРАЦИЯ** [франц. carburation] зат. тех. ***Карбюраторлау**.*

**КАРБЮРИЗАТОР** [ағылш. carburize] зат. тех. *Белгілі бір жағдайларда көміртегін басқа затқа бере алатын көміртекті зат (қатты, газ тәрізді не сұйық).*

**КАРВАЛОЛ** зат. мед. *Жүрек ауруларына қолданылатын ерекше иісті, түссіз, сұйық дәрі.*

**КАРГО** [исп. cargo] зат. экон. **1.** *Сыртқы сауда операцияларындағы кеме жүгі.* **2.** *Кемелермен тасылатын жүктерді сақтандыру.*

**КАРГО-ЖОСПАР** зат. экон. *Жүкті кемеге орналастыру жоспары.*

**КАРДАМОН** [лат. cardamomum] зат. тамақ. **1.** *Зімбір тұқымдас тропиктік көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің жемістерінен дайындалған дәмдеуіш.*

**КАРДАН: кардан білік.** тех. *Жетектеуші және жетектелуші буындары әмбебап топса арқылы жалғастырылған немесе өзгермелі бұрышпен тікелей беруге арналған білік.*

**КАРДАНДЫ: карданды беріліс.** тех. *Жетектеуші біліктің айналасын оған қиғаш жалғасқан жетектелуші білікке жеткізуге арналған құрылғы.*

**Карданды механизм**. тех. *Айналысты жетекші біліктен алшақ жатқан жетектегі білікке беруге арналған құрылғы.*

**КАРДЕШ** сын. жерг. *Кәсіптес, істес.*

**КАРДИАЗОЛ** зат. мед. *Жүрек ауруына қарсы қолданылатын дәрі.*

**КАРДИАЛЬДІ: кардиальді бездер.** анат. *Өңештің қарынға ашылар аймағында орналасқан, секреторлы бөлімдері тарамдалған, қысқа өзекті қарапайым түтікше бездер.*

**КАРДИГАН** [франц. cardigan] зат. *Мойын ойығы ұзынша, жағасыз тоқыма жакет.*

**КАРДИНАЛ** [лат. cardinalis] зат. діни. *Католик шіркеуінің Рим папасынан кейінгі дінбасы.*

**КАРДИНАЛ** зат. діни. *Кардинал болушылық.*

**Кардинал сан** [лат. cardinalis] матем. *Абстрактылы жиындар теориясының маңызды ұғымы.*

**КАРДИО...** *Мағынасы жүрекке қатысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**КАРДИОВАЛЕН** зат. мед. *Жүрек ауруына қарсы қолданылатын сұйық дәрі.*

**КАРДИОГРАММА** [грек. kardiagramma] зат. мед. *Жүрек қозғалысын графикалық түрде (сызық арқылы) көрсету амалы.*

**КАРДИОГРАФ** зат. мед. *Жүрек қозғалысын жазатын аспап.*

**КАРДИОГРАФИЯ** [грек. kardia – жүрек, graphos – жазамын] зат. мед. *Жүрек бұлшық етінің жиырылуын бақылап, тіркеп жазу әдісі.*

**КАРДИОИДА** [грек. kardia – жүрек, eidos – түр] *Төртінші реттік жазық алгебралық қисық сызық.*

**КАРДИОЛОГ** зат. мед. *Жүрек ауруларының маманы.*

**КАРДИОЛОГИЯ** [грек. kardia – жүрек, logos – зерттеймін] зат. мед. *Жүректің құрылысын, қызметін, ауруларын зерттейтін және емдейтін медицина саласы.*

**КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Кардиологияға тән, кардиологияға қатысты.*

**КАРДИОМИОЦИТТЕР** зат. анат. *Жүректің ортаңғы етті қабығы – миокардтың жасушалары.*

**КАРДИОСКЛЕРОЗ** [грек. kardia – жүрек, skleros – қатты] зат. мед. *Жүрек бұлшық еттерінің созылмалылығының жойылуы мен жиырылу ырғағының бәсеңдеуінен, қан жетіспеу не қабыну салдарынан болатын жүрек ауруы.*

**КАРДИОСКОП** зат. мед. *Жүректің қызметін бейнелі бақылауға арналған аппарат.*

**КАРДИОХИРУРГ** зат. мед. *Кардиохирургияның маманы, дәрігер.*

**КАРДИОХИРУРГИЯ** зат. мед. *Хирургиялық жолдармен жүрек ауруларын емдеумен айналысатын медицина саласы.*

**КАРДОКС** зат. кен. *Жалынсыз жару тәсілі.*

**КАРДОН** зат. сөйл. ***Картон**.*

**КАРЕ**[1] [франц. carre] зат. әск. *XIX ғ. екінші жартысында атты әскердің шабысын тойтару үшін жаяу әскердің төртбұрыш құрып сап түзуі.*

**КАРЕ**[2] зат. *Дөңгелене, мойынға жеткізбей қиылатын әйелдердің шаш қию үлгісі.*

**КАРЕЛИНА** зат. өс. *Шөлейт жерлерде, құмдарда кездесетін биіктігі үш метрдей бұта.*

**Карелин итқұсығы.** өс. <лат. schumannia karelinii> *Шатыршагүлдер тұқымдасы итқұсық туысына жататын өсімдіктің бір түрі.*

**КАРЕТА** [итал. carretta] зат. *Ертеректе Еуропа елдерінде кең қолданылған төбесі жабық төрт дөңгелекті сәнді арба.*

**КАРЕТКА** [итал. carretta] зат. мәшинежас. *Мәшиненің не механизмнің бөлшектері бекітіліп, бағыттауыш бойымен жылжитын не іштекте айналатын тетігі.*

**КАРИЕС** [лат. caries] зат. мед. ***Тісжегі** (тіс сүйегінің тығыз тіндерінің шіруіне әкелетін қабыну процесі, осының салдарынан болған тіс ауруы).*

**КАРИКАТУРА** [итал. caricatura] зат. өнер. *Біреуді немесе бір нәрсені күлкілі түрде бейнелейтін сықақ сурет.*

**КАРИКАТУРАЛЫҚ** сын. *Біреуді әдейі келемеждеп көрсететін сықақ (сурет).*

**КАРИКАТУРАШЫ** зат. өнер. *Сықақ, келемеж сурет салушы маман.*

**КАРИКАТУРИСТ** зат. ***Карикатурашы.***

**КАРИОКИНЕЗ** [грек. karyon – жаңғақ, ядро, kinesis – қозғалыс] зат. биол. *Өсімдіктер мен жан-жануарлар жасушаларының көбею амалдарының бірі.*

**КАРИОЛИМФА** зат. биол. *Жасушаның ішіндегі ядроның негізгі заты.*

**КАРИОЛОГИЯ** [грек. karyon – жаңғақ, ядро, logos – зерттеймін] зат. биол. *Биология ғылымының ядроларды зерттейтін саласы, цитологияның бір бөлімі.*

**КАРИОТИП** [гр. karyontypos] зат. биол. *Белгілі бір түрге тән хромосомалар ерекшеліктерінің жиынтығы.*

**КАРИОТИПТІК** сын. биол. *Кариотипке қатысты, соған тән.*

**КАРКАДЭ** зат. өс. **1.** *Тропиктік жерлерде, Ніл өзенінің бастауларында өсетін өсімдік.* **2.** тамақ. *Осы өсімдік гүлінің сусын дайындалуға арнап кептірілген күлтелері.*

**КАРКАС** [франц. carcasse] зат. құр. *Құрылыстың (үйлердің, қоралардың, т. б.) металдан немесе ағаштан жасалған негізгі қаңқасы.*

**Каркас үй**. құр. *Каркас құрылымдардан салынған үй.*

**КАРКАСТЫҚ** сын. құр. *Металл не ағаш каркастардан құрастырылған, құрастырылмалы.*

**КАРМА** [санск.] зат. діни. *Көне үнді діні мен философиясындағы таным; бірқатар үнді діндері уағыздайтын адам жанының қайта қонатындығы, осыған әсер ететін құдіретті күш жөніндегі маңызы ерекше түсінік.*

**КАРМАЗИН**[1] [нем. Karmesin] зат. мед. *Шаш түсуге, қайызғаққа қарсы қолданылатын сұйық зат.*

**КАРМАЗИН**[2] зат. тоқыма. *Қызыл түсті жіңішке кендір матаның көне түрі; аты.*

**КАРМИН** зат. хим. *Қантсыз сымыр кашенилден алынған қызыл бояу.*

**КАРНАВАЛ** [франц. carnaval] зат. **1.** *Италияда, кейіннен Франция, Испания, Германия, Латын Америкасында әртүрлі киім киіп, шулы билер, көше шерулері түрінде өткізілетін көктемгі мереке.* **2.** *Салтанатты киім, күлдіргі маска киіп өткізілетін жиын-той; би кеші.*

**КАРНАЛЛИТ** зат. хим. *Магний мен калийдің сулы хлориді, минерал.*

**КАРНЕЗДІ** зат. сөйл. ***Карнизді.***

**КАРНИЗ** [нем. Karnies] зат. **1.** *Үй қабырғасының жоғарғы сырт ернеуі.* **2.** *Перде ілу үшін терезе мен есіктің жоғарғы жағына қағылатын көлденең таяқша.*

**КАРНИЗДІ** сын. *Карнизі бар, карниз қағылған.*

**КАРНОЗАВР** [лат. carnosauria] зат. зоол. *Қазбадан табылған жыртқыш динозаврлар отрядының бір тобы.*

**КАРНОТИТ** зат. хим. *Ванадаттар табының минералы.*

**КАРОНАРЛЫҚ** сын. мед. *Тәж артерия-сына қатысты.*

**КАРОТАЖ** [франц. carottage] зат. кен. *Бұрғылау ұңғымаларында жүргізілетін арнаулы геофизикалық зерттеулер кешені.*

**КАРОТЕЛЬ** [франц. carotte] зат. *Тамыры қысқа, әрі дөңгелек келген сәбіздің түрі.*

**КАРОТИН** [лат. carota] зат. биол. *Адам ағзасында А витаминіне айналатын өсімдік құрамындағы сары бояулы пигмент.*

**КАРОТИНАЗА** зат. биол. *Адам және жануарлар ағзасында болатын фермент.*

**КАРОТИНДЕР** [лат. carota] зат. биол. *Өсімдік құрамында кездесетін сары түсті пигменттер.*

**КАРОТИНОИД** зат. биол. *Қызғылт сары түсті пигмент.*

**КАРОТИНОИДТЕР** зат. биол. *Негізінен жоғары сатыдағы өсімдіктер, бактериялар, саңырауқұлақтар синтездейтін қызғылт-сары, сары немесе қызыл түсті табиғи пигменттер тобы.*

**КАРП** зат. ***Тұқы*** *(негізінен тоған балық шаруашылығында өсірілетін балық).*

**КАРПОЛОГИЯ** [грек. karpos – жеміс, logos – ғылым] зат. бот. *Жемістер мен тұқымдардың пішінін, құрылысын, жеке дамуын және қызметін зерттейтін өсімдік морфологиясының бір саласы.*

**КАРПОСФОРА** зат. биол. *Қызыл балдырлардың карпосфофит ұрпағында түзілетін споралар.*

**КАРР** [нем. Karren] зат. геогр. *Карст дамыған аймақта кездесетін, шамасы бірнеше сантиметрден бір-екі метрге дейін жететін шағын сайлар.*

**Карр жер**. геогр. *Өсімдік жамылғысынан айырылған әктасты жалаңаш үстірт.*

**КАРС** зат. *Жылтылдаған жібек араласқан мата.*

**КАРСТ** зат. геол. *Таужыныстардың суда еруімен және онда үңгірлер, бос кеңістіктер мен жыралардың пайда болуына байланысты орын алған құбылыстардың жиынтығы.*

**Карст қазаншұңқырлары.** геол. *Біршама байтақ ойпаң, карст шұңқырларының бірігуінен жаралады, олармен салыстырғанда төмен және грунт сулары деңгейіне жақын орналасуымен, бірнеше поноры болуымен сипатталады.* **Карст сулары.** геол. *Әктастардың, доломиттердің, гипстер мен түздардың шаймалануы нәтижесінде пайда болған жарықтар, қуыстар, каналдар, үңгірлер бойымен жер қойнауында айналымда болатын сулар.* **Карст шұңқыры.** геол. *Таужыныстарда болатын әртүрлі пішіндегі түйық ойпаң.*

**КАРСТАНУ** зат. геол. *Карсттарға айналу процесі.*

**КАРСТТАНУ** зат. геол. *Таужыныстардың суда еруімен және онда үңгірлер, бос кеңістіктер мен жыралардың пайда болуына байланысты құбылыстарды, яғни карст құбылыстарын зерттейтін ғылым.*

**КАРСТЫҚ** сын. геол. *Карсты бар, карстқа қатысты.*

**КАРТ** [ағыл. cart] зат. *Кузовы жоқ шағын метражды жарыс автокөлігі, картинг.*

**КАРТ-БЛАНШ** [франц. carte blanche] зат. экон. *Басқа тұлғаға мәтінмен толтыру құқығын берген тұлға қол қойған таза бланк.*

**КАРТА** [нем. Karte] зат. **1.** *Қандай да бір сала бойынша Жер бетінің, оның жеке бөліктерінің кішірейтіліп, шартты таңбалар арқылы қағаз бетіне түсірілген кескіні.* **2.** *Белгілі бір үлгідегі кесте сызба түрінде беріліп, мәліметтермен толықтырылатын қағаз парақ.*

**КАРТА**[2] зат. *Қатты қағаздан төрт бұрышты етіп әдемілеп жасалған ойын қағазы, сол қағаздармен бірнеше ойыншы болып көбінесе ақшаға ойнайтын құмар ойынның бір түрі.*

**Карта ашты.** *Картамен бал ашты.* **Картаға салынды**. *Бар малын, ақшасын карта ойынына салып ойнап, азып-тозып кетті.*

**КАРТАТАНУ** зат. геогр. *Географиялық картаның элементтерін, қасиетін, іс жүзінде пайдалану мүмкіндіктерін, сондай-ақ карта жасау тарихын зерттейтін ғылым, картографияның бір саласы.*

**КАРТАҚҰМАР** зат. *Картаны өте көп ойнайтын адам.*

**КАРТАСЫЗ** сын. *Картасы жоқ (белгілі бір ауданның кішірейтілген бейнесі салынған қағазсыз).*

**КАРТАШЫ** зат. *Карта ойынының соңына түскен адам.*

**КАРТАШЫЛДЫҚ** зат. жағымсыз. *Карта ойынының соңына түсушілік, картақұмарлық.*

**КАРТВЕЛДЕР** зат. *Грузиндердің өзін-өзі атауы.*

**КАРТЕЗИАНДЫҚ** зат. филос. *Әлемдегі екі дербес кеңістікке (материя және ойлау) бөлуді және қарсы идеялар теориясын мойындатып, негізін Декарт салған философиялық ілім.*

**КАРТЕЗИАНШЫЛДЫҚ** зат. филос. ***Картезиандық.***

**КАРТЕЛЬ** [франц. cartel] зат. экон. *Шығаратын өнімді реттеп, мүшелеріне оны сату арқылы пайда түсіруді көздейтін белгілі бір өндіріс саласындағы фирмалардың, компаниялардың т.б. монополистік бірлестігі.*

**КАРТЕЛЬДІК** сын. экон. *Картельге қатысты, соған тән.*

**Картельдік келісімдер**. экон. *Қатысушылардың шаруашылық дербестігі сақталатын кәсіпорындардың көбінесе коммерциялық қызмет бойынша бірігуінің негізгі формаларының бірі.*

**КАРТЕР** [ағыл. carter] зат. тех. *Мәшиненің, трактордың іштен жану қозғалтқышын бүлінуден, ластанудан сақтайтын металл қорап.*

**КАРТЕЧЬ** [польск. kartecza] зат. *Ірі бытыра.*

**КАРТИНА** зат. өнер. **1.** *Көркемдік мәні бар майлы бояумен, гуашьпен т.б. салынған сурет.* **2.** *Жақтауларға салынып, үймерет қабырғаларына ілінетіндей етіп дайындалған көркемдік мәні бар сурет.* **3.** *Көркем кинофильм.*

**КАРТИНГ** [ағыл. carting] зат. спорт. *Спорттық шағын мәшине.*

**Картинг спорты**. спорт. *Картинг мәшинелері жарысы.*

**КАРТИНГИСТ** зат. спорт. ***Картингші.***

**КАРТИНГШІ** зат. спорт. *Автомобиль спортының бір түрі – картингімен шұғылданушы, спортшы.*

**КАРТОГРАММА** [нем. Karte – түпнұсқа, грек. gramma – жазба] зат. *Белгілі бір жерге байланысты статистикалық мағлұматтар көрнекті (графикалық) түрде көрсетілген карта.*

**КАРТОГРАФ** [нем. Karte – түпнұсқа, грек. gramma – жазба] зат. *Жер бетінің географиялық картасын жасайтын маман; картография маманы.*

**КАРТОГРАФИЯ** [нем. Karte – түпнұсқа, грек. graphos – жазамын] зат. **1.** геогр. *Географиялық карталар жасау, оларды пайдалану әдістері жөніндегі ғылым.* **2.** *Белгілі бір үлгідегі кесте сызба түрінде берілген мәліметтермен толықтырылатын құжат, қағаз.*

**КАРТОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Картографияға қатысты, картографияға тән.*

**Картографиялық проекция**. геогр. *Картографиялық кескін, Жер эллипсоидын немесе планетаның бетін математикалық тәсілдер арқылы жазықтықта бейнелеу.* **Картографиялық тор.** геогр. *Қандай да бір картографиялық проекцияда түсірілген меридиандар мен параллельдердің карта бетіндегі графиктік кескіні.*

**КАРТОДИАГРАММА** зат. *Статистикалық мағлұматтар диаграмма түрінде көрсетілген карта.*

**КАРТОЗ** зат. жерг. ***Картуз.***

**КАРТОМЕТРИЯ** [нем. Karte – түпнұсқа, грек. metron – өлшем] зат. геогр. *Карта бойынша әртүрлі географиялық нысандардың сандық және сапалық мәнін анықтайтын графикалық-аналитикалық өлшеу әдісін зерттейтін картографияның бөлімі.*

**КАРТОН** [франц. carton] зат. *Қағаздың қалың әрі тығыз түрі.*

**КАРТОНАЖ** [франц. cartonnage] зат. *Картоннан жасалған бұйымдардың жиынтық атауы.*

**Картонаж бұйымдар**. *Қағаздан, картоннан жасалатын бұйымдар.*

**КАРТОП** [нем. Kartoffet] зат. **1.** өс. *Түйнегі тамаққа пайдаланылатын алқа тұқымдасына*

*жататын біржылдық бақша өсімдігі.* **2.** *Осы өсімдіктің крахмалға бай түйнегі.*

**Картоп аршыды [тазалады].** *Тамаққа қосу үшін картоп түйіндерінің қабығын қырып немесе қырнап алып тастады.* **Картоп комбайны**. ауылшар. *Картопты қазып, пәлегінен, топырақтан тазартып, ыдысқа салатын, көлік құралына тиейтін мәшине.*

**КАРТОПЖУҒЫШ** зат. тех. *Картопты құм-топырақтан, шөп-шаламнан тазартып әрі жуып шығаратын әмбебап мәшине.*

**КАРТОПИЯ** зат. сөйл. ***Картоп***.

**КАРТОПҚАЗҒЫШ** зат. ауылшар. *Картоп қазатын мәшине.*

**ҚАРТОПТАЙ** сын. *Картоп сияқты.*

**КАРТОТЕКА** [гр. theke] зат. **1.** *Түрлі хабарлар, мәліметтер, материалдар тіркеуге арнаулы түрде жазылған карточкалардың жүйелі жиыны.* **2.** *Осындай картотекаларды сақтауға арналған жәшіктер.*

**КАРТОТЕКАЛЫҚ** сын. *Картотекаға арналған (жәшік).*

**Картотекалық қор**. *Жәшіктерге жинақталған қағаз қиындыларына жазылған мәтін түріндегі ақпарат қоры.*

**КАРТОФЕЛЬ** [нем. Kartoffel] зат. сөйл. ***Картоп***.

**КАРТОЧКА** зат. **1.** *Қандай да бір дерек, мәліметтерді тіркеп жазуға арналған төрт бұрыштап қиылған қалың қағаз.* **2.** *Онша үлкен емес фотосурет.*

**КАРТОШ** зат. жерг. ***Картоп***.

**КАРТОШКА** [ор.] зат. сөйл. ***Картоп***.

**КАРТӨШКЕ** зат. сөйл. ***Картоп***.

**КАРТРИДЖ** [ағыл. cartrige] зат. инф. *Принтердің қағазға мәтін, графика т.б. басып шығаруға қажетті бояу құйылған барабан сияқты т.б. бөлшектерден тұратын алынбалы-салынбалы бөлігі.*

**КАРТУЗ** [голл. kardoes] зат. **1.** *Еркектердің күнқағары бар баскиімі.* **2.** әск. *Тез жанғыш матадан жасалған соғыс зарядының қабы.*

**КАРУСЕЛЬ** [франц. carrousel] зат. сөйл. ***Әткеншек***.

**КАРЦЕР** [лат. carcer] зат. *Түрмедегі немесе әскери казармадағы белгіленген тәртіпті бұзған адамды жалғыз өзін отырғызып қоятын қараңғы, суық бөлме.*

**КАРЦИНОЛОГИЯ** [гр. karkinos] зат. зоол. *Зоологияның шаянтектестерді зерттейтін бір саласы.*

**КАРЬЕР** [франц. carriere] зат. кен. *Жер бетіне жақын жатқан кен байлықтарын ашық әдіспен өндіретін шұңқыр жер.*

**Карьер алабы**. кен. *Жұмыс жүргізіліп жатқан кен орнының бір бөлігі.* **Карьердің жұмыс аймағы.** кен. *Қазу жұмыстары бір мезгілде жүргізілетін барлық жұмыс кертпештерінің (аршылымдық және өндірімдік) жиынтығы.* **Карьер көлігі.** кен. *Кен орнын ашық әдіспен қазып алу барысында таужыныстарды тасымалдау құралдарының жиынтығы.* **Карьер сулары.** кен. *Қазылған карьер кеңістігіне тікелей құйылатын жаңбыр, қар және жер беті сулары мен жерасты сулары.* **Карьер шекарасы.** кен. *Карьердің үстіңгі және төменгі контуры арқылы өтетін үстіңгі беті және олардың арақашықтығы.*

**КАРЬЕРА** [франц. carriere] зат. **1.** ***Мансап*** *(біреудің атаққа, даңққа, мансапққа жетуі).* **2.** *Қандайда бір саладағы әрекет, қызмет.*

**КАРЬЕРИЗМ** [франц. carriere] ор. зат. сөйл. ***Мансап қорлық*** *(мемлекеттік және қоғамдық істің мүддесімен санаспай, қызметте, жұмыста жеке басының қамын ойлау).*

**КАРЬЕРИСТ** [франц. carriere] ор. зат. сөйл. ***Мансапқор*** *(адам).*

**КАРЬЕРЛІК** сын. кен. *Карьерге қатысты, соған тән.*

**Карьерлік автоөзітүсіргіш.** кен. *Шанағы аударылмалы жүк автомобилі.*

**КАРЬЕР-ЭКСКАВАТОР** зат. кен. *Бір драглайнды аршу және өндіру жұмыстарын алмасып орындауға арналған қазу жүйесі.*

**КАРЬЕРШІЛІК: карьершілік қойма.** кен. *Карьердің жұмыстық (уақытша жұмыстық емес) беткейіндегі кертпештер алаңдарында немесе оған жақын жер бетіне орналасатын үйінді түріндегі пайдалы қазылым қоймасы.*

**КАСА** зат. жерг. *Су ортасынан пайда болған кішкене аралшық; қайран.*

**КАСАЛ** зат. жерг. *Сырқат, науқас.*

**КАСКА** [франц. casque] зат. *Басты түрлі жарақаттан сақтау үшін металдан, пластмассадан жасалған баскиім.*

**КАСКАД** [франц. cascade] зат. **1.** *Қолдан жасалынған немесе табиғи сатылы сарқырама.* **2.** өнер. *Опереттада әнмен сүйемелденетін жылдам би түрі.* **3.** тех. *Тізбектеліп байланысқан бір типті құрылғылар мен қондырғылар тобы.*

**КАСКАДЕР** [франц. cascade] зат. **1.** цирк. *Күлкілі акробатикалық құлауларға негізделген нөмірдің орындаушысы.* **2.** өнер. *Кинофильмді түсіру барысында қауіпті әрі күрделі трюктарды орындаушы.*

**КАСКАДТЫ** сын. тех. *Тізбектеліп байланысқан бір типті құрылғылар мен қондырғылары бар.*

**КАСКО** [итал. casco] зат. *Көлік құралдарын сақтандыру.*

**КАССА** [итал. cassa] зат. **1.** *Мекемедегі ақша қабылдайтын, беретін, сақтайтын бөлме.* **2.** *Ұшақ, кеме, пойыз, автобус сияқты әртүрлі көлік қызметін пайдаланушыға тұтыну құқығын беретін билет сататын орын (жер).* **3**. қаржы. *Мекеменің, өндіріс орнының қаржы операцияларын орындайтын бөлімі.* **4.** қаржы. *Мекеменің, өндіріс орнының қаражаты.* **5.** *Театр, кинотеатр сияқты т.б. мәдени-көпшілік орындардың қойылымдарына кіру құқығын беретін билеттер сатылатын орын.*

**Касса кітабы.** қаржы. *Кәсіпорынның қолма-қол ақшасы қозғалысын есептеу үшін бекітілген нысандағы тізімдік.*

**КАССАЛЫҚ** сын. қаржы. *Касса бойынша.*

**Кассалық алшақтық.** қаржы. *Қаржы жылы бойына шығыстар, несиелендіру, негізгі борыш сомасын өтеу көлемінің бюджет қаражаты бос қалдықтарының көлемінен асып түсуі.* **Кассалық операциялар.** қаржы. *Кәсіпорын кассасынан ақша қабылдау, беру әрекеттері.* **Кассалық ордер.** қаржы. *Ақшаның кәсіпорын кассасына түскенін немесе оның нысаналы мақсатқа берілгенін куаттайтын құжат.* **Кассалық тәртіп.** қаржы. *Кәсіпорындардың (фирмалардың, кәсіпкерлердің, т.б.) қолма-қол ақшаны қабылдау, сақтау және жұмсау ережелерін қатаң орындау.*

**КАССАТОР** зат. заң. *Жоғары тұрған сот орнына төменгі сот орындарынан шешіліп тексеру үшін арыз беруші тұлға.*

**КАССАЦИЯ** [лат. cassatio] зат. заң. **1**. *Күшіне енбеген сот үкіміне шағым ету және оны Жоғарғы соттың қайта қарау ісі.* **2.** заң. *Сайлауды жарамсыз деп танып, сайлау заңының бұзылуы жағдайында оны кейінге қалдыру.*

**КАССАЦИЯЛЫҚ** сын. заң *Кассацияға қатысты.*

**Кассациялық инстанцияның соты.** заң. *Бірінші инстанция сотының шешімдеріне, үкімдері мен үйғарымдарына және заңдық күшіне енбеген судьяның қаулыларына жасалған шағымдар мен қарсылықтар бойынша іс қараушы сот.*

**КАССАШЫ** зат. *Ақша қабылдайтын, беретін жауапты адам, билет сатушы.*

**КАССАШЫЛЫҚ** зат. *Кассашы қызметін атқарушылық.*

**КАССЕТА** [франц. casette] зат. **1.** ***Таспа*** *(жарық өткізбейтін фотопластинка немесе фото-киноүлдір (пленка) қорабы).* **2.** *Магнитофон таспасының немесе бейнетаспасының жалпақ жеңіл қорабы.*

**КАССЕТАЛЫ** сын. *Таспасы бар.*

**КАССЕТАЛЫҚ: кассеталық оқ-дәрі.** әск. *Зымыранның ұрыс бөлімі, авиациялық бомбалар, артиллериялық атыстар және ұрыс элементтерімен жабдықталған реактивтік снарядтар.*

**КАССИОПЕЯ** зат. астр. *Еуропа халықтарының астрономиялық атаулар жүйесіндегі аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

**КАССИР** [итал. cassiere] зат. ***Кассашы*** *(ақша қабылдайтын, беретін жауапты адам; билет сатушы).*

**КАССИРЛІК** зат. *Кассашылық.*

**КАССЫ** зат. сөйл. ***Касса***.

**КАСТА** [португ. casta] зат. қоғ.-әлеум. **1.** *Үндістанда, кейбір Шығыс елдерінде шығу тегі, мамандық мұрагерлері мен қоғам мүшелерінің құқықтық жағдайына қарай біріккен, тұйықталған тобы.* **2.** *Өз ерекшеліктерін және соған байланысты артықшылықтарын талап ететін тұйықталған қоғамдық топтар.*

**КАСТАЛЫҚ** сын. *Кастаға тән.*

**КАСТАНЬЕТТЕР** [исп. castanetas] зат. муз. *Бір-біріне бекітілген пластиналардан жасалған, саусаққа киіп, ырғақты соққылау арқылы үн шығаратын, Испания, Италия, Латын Америкасында кең таралған музыкалық аспап.*

**КАСТЕЛЯНША** [лат. castellanus] зат. *Жатақхана, қонақүй, ауруханаларда төсек жабдықтары шаруашылығын меңгеретін әйел.*

**КАСТОДИАН** [ағыл. custody] зат. экон. *Клиенттердің өзіне сеніп тапсырылған ақшалай қаражаты мен бағалы қағаздарын сақтау және есепке алу жөніндегі кәсіпқойлық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.*

**КАСТОДИАНДЫҚ: кастодиандық шарт**. экон. *Бағалы қағаздар мен ақшалай қаражатты жауапкершілікпен сақтау және есепке алу туралы кастодиан-банк пен оның тапсырыскері жасасатын шарт.*

**КАСТОР** [франц. castor]: **кастор майы.** *Үпілмәлік немесе майкене өсімдігінің тұқымынан алынған сарғыш түсті сұйық май.*

**КАСТОРКА** ор. зат. сөйл. ***Кастор майы.***

**КӘСТРӨЛ** зат. *Металдан жасалған, екі құлағы бар тамақ пісіруге арналған ыдыс.*

**КАСТІРӨҢКЕ** зат. жерг. *Тамақ пісіретін темір ыдыс.*

**КАСТРЮЛЬ** зат. ***Кәстрөл*** *(металдан жасалған, екі құлағы бар, тамақ пісіруге арналған ыдыс).*

**КАТАБОЛИЗМ** [гр. katabols] зат. биол. *Ағзада органикалық қосылыстардың ыдырап, қарапайым молекулаларға айналуы.*

**КАТАГЕН** зат. биол. *Тері түк баданасы жасушаларының бөлінуі арқылы көбею процесінің әлсіреп барып, тоқтау кезеңі.*

**КАТАДРОМДЫ: катадромды өрістеу.** зоол. *Кей балықтардың уылдырық шашу үшін өзендерден теңіздерге қарай, ал теңіз жағалауындағы балықтардың теңіздің ашық айдынына қарай қоныс аударуы.*

**КАТАГЕНЕЗ** [грек. kata, genesis – тудырушы] зат. геол. *Шөгінді таужыныстарына, олардың метаморфтық жыныстарға айналуына немесе үгілуіне дейін әсер ететін табиғи процестердің жиынтығы.*

**КАТАКЛАЗ** [грек. kataklao] зат. геол. *Тектоникалық процестер әсерінен тау жыныстарының ішкі құрылысының бұзылуы, уатылуы, жарықшақтануы.*

**КАТАКЛИЗМ** [грек. kataklysmos] зат. кіт. *Апат, табиғат апаты.*

**КАТАКОМБА** [лат. catacomba] зат. *Кейбір көне мәдениеттерге тән болған діни салтжоралғылар мен ғұрыптар өткізуге және адамды (культті) жерлеуге пайдаланылған табиғи немесе қолдан істелген үңгір, жер астындағы қабір.*

**КАТАЛАЖКА** з а т. с ө й л. ***Каталашка***.

**КАТАЛАЗА** з а т. б и о л. *Биологиялық тотығу процесінде түзілетін сутек асқын оксидін суға және оттекке дейін ыдыратып, катализдейтін фермент.*

**КАТАЛАШКА** з а т. *Тұтқынды қамайтын шағын үй, абақты.*

**КАТАЛЕПСИЯ** [лат. kataleps] з а т. п с и х о л. *Сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге сезгіштіктің төмендеуімен сипатталатын, бір қалыпта сіресіп қалумен көрінетін, ұйықтағанға ұқсас күй.*

**КАТАЛИЗ** [гр. katalysis] з а т. х и м. *Кейбір заттардың (катализатордың) әсерінен химиялық реакцияның шапшаңдауы я баяулауы.*

**КАТАЛИЗАТОР** з а т. х и м. **1.** *Химиялық реакция жылдамдығын өзгертетін зат.* **2.** а у ы с. к і т. *Бірдеменің дамуын жеделдететін құбылыс не факт.*

**КАТАЛИЗАТОРЛЫҚ** з а т. *Катализаторға тән, катализаторға қатысты.*

**КАТАЛИЗДЕ=** е т. х и м. *Катализатор қосу арқылы химиялық реакцияны тездету я бәсеңдету.*

**КАТАЛИЗДЕУ** х и м. *Катализде етістігінің қимыл атауы.*

**КАТАЛИЗДІК** с ы н. х и м. *Катализге тән, катализге қатысты.*

**КАТАЛОГ** [гр. kataloge] з а т. **1.** *Бірыңғай заттардың (кітап, экспонат, т.б.). белгілі бір тәртіппен жасалған тізімі.* **2.** *Осындай тізім берілген анықтамалық басылым.*

**Каталогтегі жәрмеңке.** э к о н. *Тауарлардың үлгісі жоқ, бірақ олардың орнына сатылатын тауарлар туралы бүкіл ақпарат мазмұндалған каталогтер, ақпараттық парақтар т.б. кеңінен ұсынылған жәрмеңке.*

**КАТАМАРАН** [тамил. kattumaran] з а т. *Ортақ палуба арқылы біріккен екікорпусты кеме.*

**КАТАПУЛЬТ** [лат. catapulta] **1.** ә с к. т а р. *Ежелгі заман мен орта ғасырлардағы ширатылған талшықтың серпімділік күші арқылы жұмыс істейтін оқ лақтырғыш соғыс мәшине.* **2.** т е х. *Авиатасығыш кеме палубасынан ұшақтардың, планерлердің т.б. ұшу аппараттарының ұшуы мен жылдамдық алуын қамтамасыз ететін қондырғы.* **3.** т е х. *Ұшқышты, ғарышкерді ұшатын аппараттан автоматты түрде лақтыратын механизм.*

**КАТАПУЛЬТТІК** с ы н. т е х. *Катапульті бар.*

**КАТАР** [гр. katarrhoss] з а т. м е д. *Тамақ, мұрын өкпе т. б. мүшелердің шырышты қабығының суық тиіп ауруы; қабыну.*

**КАТАРАКТА** [грек. katrrhaktes] з а т. м е д. *Көз бұршағының бұлдырап, қараyытып, ағаруымен сипатталатын көз ауруы.*

**КАТАРСИС** [грек. katharsis – тазару] з а т. п с и х о л. *Батыстық философиялық түсініктегі бір нәрсенің, біреудің тағдырына барынша қайғырудан болған эмоциялық сілкініс, іштей тазару.*

**КАТАРХЕЙ** з а т. г е о л. *Жер қыртысынан бұрын-соңды табылған ең көне таужыныстарға қатысты қолданылатын атау.*

**КАТЕГОРИЯ** [грек. kategoria] з а т. **1.** ф и л о с. *Болмыстың жалпы белгілері туралы ғылыми ұғым.* **2.** л и н г. *Сөз бен құбылыстың жалпы белгісін білдіретін ғылыми атау.* **3.** с п о р т. *Спортшылардың салмақ бойынша жіктелісі.* **4.** *Мамандығы бойынша берілетін біліктілік деңгейі.* **5.** к і т. *Өз ішінде түрлі элементтердің ретті жүйесінен құралған топ, түр, топ.*

**КАТЕГОРИЯЛЫ** [грек. kategorikos] с ы н. *Категориясы бар.*

**КАТЕП** з а т. э т н. ***Кәтеп*** *(жүк батпас үшін нар түйенің үстіне лайықтап жасалған жабдық.*

**КАТЕПТІ** с ы н. ***Кәтепті*** *(катебі бар).*

**КАТЕР** [ағыл. cutter] з а т. **1.** *Тез жүретін кішкене жеңіл кеме.* **2.** *Арнайы немесе көмекшілік қызмет атқаратын шағын әскери кеме.*

**КАТЕТ** [гр. kathetos] з а т. м а т. *Тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрыш жасап тұрған екі жақ қабырғасы.*

**КАТЕТЕР** [гр. katheter] з а т. м е д. ***Түтікше*** *(дене арналары мен қуыстарын жуу, ондағы сұйықтықтарды сыртқа ағызу немесе ондағы ауруды анықтау мақсатымен енгізілетін іші қуыс түтікше түріндегі медициналық құрал).*

**КАТЕЛ** [ор. котел] з а т. с ө й л. *Өзімен алып жүретін тостақ тәрізді ыдыс.*

**КАТЕЛОК** [ор. котелок] з а т. *Солдаттардың ас құйып ішетін бауы бар темір ыдысы.*

**КАТЕХИЗИС** [грек. katechesis] з а т. д і н и. **1.** *Сұрақ және жауап түріндегі православиелік, католик және протестанттық шіркеу ахлағы мен қасаң қағидаларын қысқаша баяндайтын шіркеулік оқыту құралы.* **2.** *Сұрақтар мен жауаптар түріндегі белгілі бір ілім негіздерінің қысқаша баяндамасы.*

**КАТИБ** з а т. к ө н е. *Көне араб және мұсылман елдерінде құжаттар мен жазбаларды дайындаумен айналысқан мамандық иелері, көшірмеші, хат жазушы.*

**КАТИОН** [гр. kata] з а т. х и м. *Электрлік оң зарядқа ие ион.*

**КАТИОНДЫ** с ы н. х и м. *Катионы бар, катионнан тұратын.*

**Катионды жинағыштар.** з а т. г е о л. *Бағалы минералдар бетіне абсорбцияланып, оның суланyын азайтатын, реагенттер молекулаларында көмірсутек тізбегі катион құрамына кіретін органикалық қосылыстар.*

**КАТИОНДЫҚ** с ы н. х и м. *Катионға қатысты, соған тән.*

**КАТИОНИТ** з а т. х и м. *Құрамында қозғалмалы (ауыспалы) катион бар жоғары молекулалы органикалық зат.*

**КАТОД** [гр. kathodos] з а т. ф и з. *Ток көзінің теріс полюсіне жалғасқан электрод.*

**КАТОДТЫ** с ы н. *Теріс полюсті, электродты.*

**КАТОДТЫҚ** с ы н. *Катодқа тән; теріс полюстік, электрондық.*

**КАТОК** з а т. т е х. **1.** *Жол тегістейтін, таптайтын ауыр мәшине.* **2.** *Егістіктегі топырақты уату, тегістеу үшін пайдаланылатын ауылшаруашылық құрал.*

**КАТОКТАС** з а т. ж е р г. *Қырманда астық басатын тас, шаңтас.*

**КАТОЛИЗМ** з а т. д і н и. ***Католицизм***.

**КАТОЛИК** з а т. д і н и. *Батыс Еуропа елдерінде кең тараған христиан дінінің негізгі бағыттарының бірі, католик діні және сол дінді ұстаушы адам. // Католик дінін ұстанушы, католик дініндегі, католиктік.*

**Католик діні**. д і н и. ***Католицизм***.

**КАТОЛИКТІК** с ы н. *Католик дініне тән, католик дініндегі.*

**КАТОЛИКТІК-МОНАХТЫҚ** с ы н. д і н и. *Католик дініндегі дін қызметкерлеріне қатысты.*

**КАТОЛИТ** з а т. х и м. *Электролиз процесі кезінде ұсақ торкөзді мата тәріздес қалқанмен анодтан бөлініп қойылған электролит.*

**КАТОЛИЦИЗМ** [грек. katholikos] з а т. *Батыс Еуропада кең тараған христиан дініндегі негізгі үш бағыттың бірі.*

**КАТОРГА** [грек. katergon] з а т. ***Итжеккен***.

**КАТОРГАЛЫҚ** с ы н. *Каторгада жүріп істейтін, азапты, ауыр (жұмыс).*

**КАТРАН**[1] [лат. crambe] з а т. ө с. *Кейбір түрлері көкөніс ретінде өсірілетін крестгүлдер тұқымдасына жататын шөп.*

**КАТРАН**[2] [лат. squalus acanthias] з а т. з о о л. *Қиыр Шығыс теңіздері мен Қара теңізде, Баренц пен Ақ теңізде мекендейтін акуланың бір түрі.*

**КАТУШКА** з а т. т е х. **1.** *Жіп, сым темір сияқты заттарды орап тоғу үшін жасалған, екі басы биік ағаш құрал.* **2.** *Электротехника мен радиотехникада қолданылатын цилиндр тәрізді аспап.*

**КАТЮША** ор. з а т. ә с к. *Автомобиль үстіне орнатылған реактивті миномеmтің Ұлы Отан соғысы кезінде халық қойған аты.*

**КАУКАБ** з а т. к і т. **1.** *Жарық, күннің көзі, жұлдыз.* **2.** *Жер бетінің сыртындағы әрбір ауа қабаттарының сыртқы қабығы.*

**КАУҚАП** з а т. ***Каукаб***.

**КАУПЕР** з а т. т е х. *Домна пештерінде көміртектің толық жанбауынан және басқа химиялық реакциялар нәтижесінде пайда болатын газдар мен домна пештеріне жіберілетін ауаны алдын ала қыздыруға арналған құрылғы.*

**КАУСАР** с ы н. е с к і к і т. ***Кәусар***.

**Каусар суы**. д і н и. ***Кәусар суы*** *(жұмақ өзенінің суы, жұмақ шәрбаты).*

**КАУСТОБИОЛИТТЕР** з а т. к е н. *Жаралу тегі органикалық, пайдалы жанғыш қазбалары.*

**КАУЧУК** [ағыл. caoutchouc] з а т. *Көбінесе өсімдіктерден алынатын резеңке өндіруге қажетті созылмалы шикізат.*

**КАУЧУКТІ** с ы н. х и м. *Құрамында каучук бар.*

**КАФ** [ағыл. cost and freight] з а т. э к о н. *Сыртқы саудадағы сатып алу-сату шартының бір түрі.*

**КАФЕ** [франц. café] з а т. *Түрлі сусын, ішімдік, жеңіл-желпі тамақ сататын шағын мейрамхана.*

**КАФЕДРА** [гр. kathedra] з а т. **1.** *Баяндама жасаушыларға, дәріс оқушыларға, сөз сөйлеушілерге арналып жасалған биік орын, мінбер.* **2.** *Жоғары оқу орындарында белгілі бір ғылым саласындағы профессорлар мен оқытушыларды біріктіретін бөлім, оның оқытушылар ұжымы.* **3.** *Жоғары оқу орындарында белгілі бір ғылым саласындағы профессорлар мен оқытушыларды біріктіретін бөлімнің үймереті, бөлмесі.*

**КАФЕЛЕТ=** е т. с ө й л. *Кафе жағалап, той тойлау.*

**КАФЕЛЕТУ** с ө й л. *Кафелет етістігінің қимыл атауы.*

**КАФЕЛЬ** [нем. Kachel] з а т. қ ұ р. *Беті жылтыр, бедерлі, түрлі-түсті әшекейлі, ас үй, жуынатын бөлме, әжетхана, кіреберіс сияқты үй бөліктерінің қабырғаларына жапсыратын, фаянстық балшықтан жасалған жұқа кірпіш.*

**КАФЕЛЬШІ** з а т. қ ұ р. **1.** *Кафель жасайтын шебер.* **2.** *Кафельмен қаптаушы құрылысшы маман.*

**КАФЕТЕРИЙ** [исп. cafeteria] з а т. *Керекті тамағын әркім өзі алып ішетін кафе.*

**КАУФМАН: кауфман ирекжапырағы.** ө с. <лат.ikonnikova kaufmanniana> *Қорғасыншөптер тұқымдасы ирекжапырақ туысына жататын сирек кездесетін өсімдік түрі.*

**КАХЕКСИЯ** [грек. kakos – жалан, hexis – күйі, қалпы] з а т. м е д. *Адамның қатты арықтап, жүдеуі, біртіндеп семуі.*

**КАХИН** з а т. д і н и. *Сәуегей, ислам діні таралғанға дейінгі кезеңде Арабияда қатты толқу жағдайда тәңірмен немесе оның елшілері – періштемен немесе жынмен тілдесе алатын болыпты-мыс деген адам.*

**КАШАБА** з а т. ж е р г. *Екі кісілік жеңіл шана.*

**КАШАВА** ор. зат. сөйл. *Шананың әдемілеп жасаған жеңіл түрі; кашавка.*

**КАШАГЕР** зат. жерг. *От көсейтін ұзын темір көсеу.*

**КАШАЙЛА=** ет. жерг. *Тартып шығару, сорғымен айдау.*

**КАШАК** зат. жерг. *Терезенің жақтау ағашы.*

**КАШАЛОТ** зат. зоол. *Кит тұқымдас өте ірі теңіз жануары.*

**КАШЕМИР** зат. тоқыма. *Жұмсақ, жұқа етіп жүннен тоқылған мата.*

**КАШНЕ** [франц. cachenez] зат. ***Мойынорауыш*** *(мойынға тағатын орамал).*

**КАШПО** [франц. cachepot] зат. ***Гүлсауыт*** *(гүл отырғызылған қалбыр салынатын безендірілген сауыт).*

**КАШТАН** зат. өс. *Жеуге болатын сарғылт түсті жемісі бар бук тұқымдас ағашы.*

**КАЮТА** [гол. kajuit] зат. навиг. *Кемедегі адамдарға арналған жеке бөлме.*

**КАЮТ-КОМПАНИЯ** [гол. kajuitcompagnie] зат. навиг. *Ас ішіп, дем алуға арналған кемедегі жалпыға ортақ бөлме.*

**КАЯК** зат. **1.** *Арктиканың байырғы халықтарында кең тараған бірорындық балықшы қайығы.* **2.** спорт. *Бір орындық жеңіл спорт қайығы.*

**КӘ** од. *Итті, құсты шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

**КӘБӘП** зат. сөйл. ***Кәуап*** *(алдын ала тұздыққа салынып, ұсақ туралған етті шоққа қақтап пісіріп дайындайтын тағам түрі шашлық).*

**КӘБАП** зат. ***Кәуап.***

**КӘБИР** сын. ескіт. *Көп, мол.*

**КӘҒБА** зат. ескіт. ***Қағба.***

**КӘДӘРИ: кәдәри хал.** *Шама-шарық, әл, мүмкіндік.*

**КӘДЕ** зат. этн. *Тұрмыс-салтқа байланысты жасалатын сый-сияпат түріндегі ырым-жоралар.*

**Кәде алу.** *Жолын алды; салтқа байланысты жолмен сыйлық, бұйым сияқты алымын алу.* **Кәдеге асты.** *Қажетке, бір керегіне жарады, пайдаланылды.* **Кәдеге жарады.** *Пайдаға асты, қажетке жарады.*

**КӘДЕЛГІ** сын. сөйл. ***Кәдімгі.***

**КӘДЕЛЕ=** ет. жерг. **1.** *Қадірлеу, құрметтеу, сыйлау.* **2.** *Арнау, бағыштау.*

**КӘДЕЛЕУ** жерг. *Кәделе етістігінің қимыл атауы.*

**КӘДЕЛІ** сын. этн. **1.** *Кәде беретін, арнаулы жөн-жоралғылы.* **2.** *Әдетке айналған, дағдылы; орынды, жөнді.* **3.** *Сыйлы, құрметті.*

**КӘДЕСЫЙ** зат. этн. *Кәде ретінде сыйға тартылатын бұйым, зат.*

**КӘДЕСІЗ** сын. *Салт-дәстүр бойынша тартылатын жөн-жоралғы.*

**КӘДЕЙСЫЙСЫЗ** сын. *Кәде ретінде сыйға тартылатын бұйымсыз.*

**КӘДЕШІЛ** сын. *Ырымшыл, кәдесыйсыз жүмейтін.*

**КӘДУЕСКІ** сын. сөйл. ***Кәдімгі.***

**КӘДУІЛГІ** сын. сөйл. ***Кәдімгі.***

**КӘДУІЛГІДЕЙ** үст. сөйл. ***Кәдімгідей.***

**КӘДУІНГІ** сын. сөйл. ***Кәдімгі.***

**КӘДІ** <лат. cucurbita pepo> зат. өс. *Асқабақ тұқымдас біржылдық өсімдік.*

**КӘДІК** зат. **1.** *Күмән, шүбә, күдік.* **2.** *Күмән тудыратын белгі, шүбә келтіретін нәрсе, күдікті жайт.* **3.** *Қауіп, қатер. // Күмәнді, екіталай.*

**Кәдік болды.** *Екіталай болды, қауіп-қатер төнді.* **Кәдік қылды.** *Күмәнданды, қауіп ойлады.*

**КӘДІКСІЗ** сын. *Күмәнсіз, шүбәсіз, күдіксіз.*

**КӘДІКТЕН=** ет. *Күмәндану, шүбәлану, күдіктену.*

**КӘДІКТЕНУ** *Кәдіктен етістігінің қимыл атауы.*

**КӘДІКТІ** сын. *Күмәнді, шүбәлі, күдікті.*

**КӘДІКШІЛ** сын. *Күмәншіл, күдікшіл.*

**КӘДІМ** зат. ескіт. ***Қадим.***

**КӘДІМГІ** сын. **1.** *Әдеттегі, үйреншікті.* **2.** *Тура, дәл.* **3.** *Күнделікті, дағдылы.* **4.** *Қатардағы, қарапайым, жай ғана.* **5.** *Бейне бір, құтты бір.*

**Кәдімгі ақмия.** өс. <лат. goebelia alopecuroides>. *Таққауырсынды жапырағының ұзындығы 10-20 см тік сабақты, биіктігі 40-100 см ақшыл сарғыш гүлдері шашақгүл шоғырына топталған ақмияның түрі.* **Кәдімгі алмұрт**. өс. <лат. pyrus comunis> *Алмұрт туысына жататын тікенді бұтақтары тығыз өскен, алмаға ұқсас тәтті, бірақ сопақша келген жемісі үшін қолдан өсірілетін ағаш.* **Кәдімгі аюқұлақ.** өс. <лат. verbascum thapsus> *Сабынкөктер тұқымдасына жататын, биіктігі 50-125 сантиметр екіжылдық шөптесін өсімдік.* **Кәдімгі бадам.** өс. <лат. amigdalus communis> *Раушангүлдер тұқымдасы бадам туысына жататын тікені аз бұта немесе аласа ағаш, бадамның кең таралған танымал түрі.* **Кәдімгі бауыршөп**. өс. <лат. hepatica falconeri (Thoms) Juz> *Сарғалдақтар тұқымдасы бауыршөп туысына жататын көпжылдық өсімдік түрі.* **Кәдімгі бетеге.** өс. <лат. festuca sulcata>. *Биіктігі 30-60 см, сабағы тегіс, кейде бұдырлау болатын, астық бетеге тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.* **Кәдімгі емен**. өс. <лат. quercus robur> *Шамшаттар тұқымдасы туысына жататын, жуан, берік діңгекті биік ағаш.* **Кәдімгі жұмыршақ**. өс. <лат. capsella Medic bursa-pastoris> *Крестгүлділер тұқымдасы жұмыршақ туысына жататын өсімдік түрі.* **Кәдімгі жүзген.** өс. <лат. commune> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Кәдімгі изен.** өс. <лат. kochia prostrata> *Куаңшылыққа төзімді биіктігі 10-75 см, сабағы қара қоңыр түсті Қазақстанда кең тараған бұташық өсімдік – изеннің бір түрі.* **Кәдімгі иттабан.** өс. *Иттабан сораң.* **Кәдімгі кенедән.** өс. ***Кәдімгі үлпілмәлік*** *(мамыр-қыркүйек айлары аралығында гүлдейтін, жемісі шілде-қазанда пісетін сүттігендер тұқымдасына жататын, биіктігі 2 метрге жететін, біржылдық шөптесін өсімдік).* **Кәдімгі киікоты**. өс. *Ерінгүлділер тұқымдасы киікоты туысына жататын парфюмерияда, медицинада т.б. пайдаланылатын өсімдік түрі.* **Кәдімгі көкбасгүл.** өс. <лат. echium vulgare> *Мамыр-маусым айларында гүлдейтін, жемісі шілде-тамызда пісетін айлаулықтар тұқымдасына жататын, биіктігі 30-100 см екіжылдық шөптесін өсімдік.* **Кәдімгі көкгүл.** өс. <лат. gentiana pneumonanthe> *Шілде-тамыз айларында гүлдейтін, жемісі тамыз-қыркүйекте пісетін, көкгүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 20-60 см көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Кәдімгі көлбақа.** зоол. *Көлбақаның кең тараған түрінің бірі.* **Кәдімгі қазтабан**. өс. <лат. potentilla anserine> *Мамыр-тамыз айлары арасында гүлдейтін, жемісі маусым-қыркүйекте пісетін раушангүлдер тұқымдасы қазтабан туысына жататын көпжылдық өсімдік түрі.* **Кәдімгі қараала үйрек.** зоол. <лат. tadorna tadorna> *Қараала үйректің кең таралған түрі.* **Кәдімгі қарабалық.** зоол. <лат. schizothorax intermedius> *Тұқылар тұқымдасы қарабалық туысына жататын балық түрі.* **Кәдімгі қарағай.** өс. <лат. pinaceae silvestris L.> *Мамыр-маусым айларында аталық масақшасы мен аналық бүршігі пайда болып, жемісі 18 айдан кейін пісетін, биіктігі 30 метрге дейін жететін ақшыл түсті дөңгелек қабықты, қарағайлар тұқымдасы самырсын туысына жататын кең таралған өсімдік.* **Кәдімгі қарақат**. өс. <лат. ribes vulgare Lam.> *Тасжаргандар тұқымдасы қарақат туысына жататын жемісі ұсақ қызыл болып келетін емдік қасиеті бар өсімдік.* **Кәдімгі құлмақ**. өс. <лат. humulus lupulus L.> *Түттар тұқымдасы құлмақ туысына жататын көпжылдық өсімдік түрі.* **Кәдімгі қырыққұлақ тұқымдасы.** бот. <лат. polypodiaceae> *Қырыққұлақ тәрізділерге жататын споралы өсімдіктер.* **Кәдімгі маубас.** зоол. *Жапалақтар отрядына жататын дене түрқы шағын жыртқыш құс.* **Кәдімгі мойыл.** өс. <лат. padus racemosa (Lam.) Gilib> *Раушангүлдер тұқымдасы мойыл туысына жататын жемісі ұсақ қара түсті бұталы ағаш.* **Кәдімгі мүйізалдамшы.** мин. *Силикаттар табының амфиболдар тобына жататын минерал.* **Кәдімгі мыңжапырақ**. өс. <лат. achillea millefolium L.> *Күрделігүлділер тұқымдасы мыңжапырақ туысына жататын көпжылдық шөпсабақты өсімдік түрі.* **Кәдімгі пісте.** өс. <лат. pistacia vera> *Сәуір-мамыр айлары арасында гүлдейтін, жемісі шілде-қыркүйекте пісетін, сумахтар тұқымдасына жататын, биіктігі 5-7 м бұта немесе ағаш.* **Кәдімгі сарыраушан.** өс. <лат. solidago virgaurea> *Күрделігүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық бұта өсімдіктің қолдан өсірілетін түрі.* **Кәдімгі сарысояу.** өс. <лат. xanthium strumarium> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік сарысояудың кең таралған түрі.* **Кәдімгі сарытұңғиық.** өс. <лат. nuphar luteum> *Сарытұңғиықтың көлдерде, баяу ағатын өзендер мен тұйық суларда өсетін кең таралған түрі.* **Кәдімгі саумалдық.** өс. <лат. oxalis acetosella> *Биіктігі 5–10 сантиметрдей, гүлі ақ, жапырағының дәмі қышқылтым, қымыздықтан кішілеу жабайы өсімдік.* **Кәдімгі серігүл.** өс. <лат. syringa vulgaris> *Сәуір-мамыр айларында гүлдейтін зәйтүн тұқымдасына жататын, биіктігі 3-6 метр бұта немесе кішілеу ағаш.* **Кәдімгі станокті ұстара.** *Жүз ұстауыш және тұтқадан тұратын ұстаралық құрылғы.* **Кәдімгі таңқурай**. өс. <лат. rubus idaeus L.> *Раушангүлдер тұқымдасы таңқурай туысына жататын, тәтті жемісі бар бұталы өсімдік түрі.* **Кәдімгі теңгежапырақ**. өс. <лат. alchimilla tianschanica Juz.> *Раушангүлдер тұқымдасы теңгежапырақ туысына жататын көпжылдық өсімдік түрі, Тянь-Шань теңгежапырағы.* **Кәдімгі үпілмәлік.** өс. <лат. ricinus communis>. *Сүттігендер тұқымдасы үпілмәлік туысына жататын өсімдік түрі, кәдімгі кенедән.* **Кәдімгі шайқурай**. өс. <лат. hyricum perforatum L.) *Шайқурайлар тұқымдасы шайқурай туысына жататын өсімдік түрі, шайшөп, шілтержапырақ, шай.* **Кәдімгі шаңқіш.** өс. <лат. viburnum opulus> *Биіктігі 1,5–4 м, сабағының қабығы ақшыл сұр түсті болып келетін ағаш.* **Кәдімгі шие.** өс. <лат. cerasus vulgaris mill> *Сәуір-мамыр айларында гүлдейтін, жемісі маусым-шілдеде пісетін, раушангүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 3-7 метр ағаш немесе бұта.* **Кәдімгі утамыр.** өс. <лат. cicuta virosa> *Маусым-шілде айларында гүлдейтін, шілде-тамызда жемісі пісетін, шатыршагүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 50-120 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӘДІМГІДЕЙ** үст. **1.** *Әдеттегідей, жайшылықтағыдай.* **2.** *Әжептәуір, біраз, айтарлықтай.* **3.** *Қалыпты, тиісінше.* **4.** *Айқын, түп-тура, еш күмәнсіз, шынымен.* **5.** экспр. жағымсыз. *Әлдеқандай, бәлсінгендей, өзінше, паңдана.* **6.** экспр. таңдану. *Адамның ісінің сапасына, батылдығына, т.б. күтпеген жерден куә болғанда айтылатын сөз.*

**КӘДІМГІШЕ** үст. *Әдеттегіше, қалыпта ғыдай.*

**КӘДІР** зат. ескіт. ***Қадір.***

**Кәдір түтты.** ескіт. ***Қадір тұтты.*** **Кәдірі кетті.** ескіт. ***Қадірі кетті.***

**КӘДІРДЕН** сын. ескіт. *Қадірлі, құрметті.*

**КӘДІРЛЕ=** ет. ескіт. ***Қадірле.***

**КӘДІРЛЕУ** *Кәдірле етістігінің қимыл атауы.*

**КӘДІРЛЕС** сын. ескіт. ***Қадірлес*** *(сыйлас).*

**КӘДІРЛІ** сын ескіт. ***Қадірлі.***

**КӘЖ** зат. мин. <грек. alebastros> *Майда түйіршік, ақ түсті минерал, алебастр.*

**КӘЖЕКЕЙ** зат. сөйл. ***Кәзекей.***

**КӘЖЕҢ** зат. жерг. *Жаңбырға киетін сулық киім.*

**КӘЖІК-КҮЖІК** зат. *Түкке тұрмас керіс, қалжақ-құлжақ.*

**КӘЖІМ** зат. ескікіт. *Қажым, жібектің бір түрі.*

**КӘЗ** зат. ескікіт. ***Кез.***

**КӘЗӘП** зат. сөйл. ***Кәззап.***

**КӘЗЕКЕЙ** зат. этн. *Жеңі жоқ, жағасы кеңірек ойылған, белден төменірек түсіп тұратын, мақпалдан тігілген әйелдер киімі.*

**КӘЗЗАП** [ар. كذاب] зат. **1.** *Өтірікші, қу, алаяқ.* **2.** *Сұм, жауыз, қаныпезер.* **3.** экспр. *Арамниет, алааяқ, адамшылықтан шыққан адамға қарата айтылатын ұрсу сөз.*

**КӘЗЗАПТЫҚ** зат. *Сұмырайлық, алааяқтық.*

**КӘЗЗӘП** зат. сөйл. ***Кәззап.***

**КӘЗЕП** зат. сөйл. ***Кәззап.***

**КӘЗІР** үст. сөйл. ***Қазір.***

**КӘЙНЕК** зат. *Сиыр мен сарлықтың арасынан туған будан.*

**КӘЙТ=** ет. жерг. ***Қайт.***

**КӘЙІП** зат. ескікіт. *Кайф, ләззат.*

**КӘКИМА: кәкима етік.** этн. *Ертеректегі әйелдер киетін биік өкшелі етік.*

**КӘКПІР** зат. *Сүзгіш, кепсер.*

**КӘКІР** зат. жерг. *Мән, мәніс.*

**КӘКІРЛІ** сын. жерг. *Мәнді, маңызды.*

**КӘКІР-ШҮКІР** зат. сөйл. *Ұсақ-түйек, анау-мынау.*

**КӘКІРІМ** зат. жерг. *Сорпа тағамының бір түрі.*

**КӘЛ**[1] од. саят. *Бүркітті шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

**КӘЛ**[2] сын. жерг. ***Таз.***

**КӘЛАЛА** сын. *Баласыз, жалғыз, құбас.*

**КӘЛАМ** [ар. كلام] зат. ескікіт. *Сөз, сөйлем, әңгіме.*

**КӘЛАМ-ШАРИФ** зат. діни. *Қасиетті сөз, қасиетті кітап дегенді білдіретін Құранның бір теңеу аты.*

**КӘЛӘМ** зат. сөйл. ***Кәлам.***

**КӘЛӘМ-ШАРИФ** зат. діни. ***Кәлам-шариф.***

**КӘЛӘСАН** зат. сөйл. ***Құләсан.***

**КӘЛБАХАНА** зат. көне. *Үйшік, лашық.*

**КӘЛДІРЕ=** ет. ескі кіт. *Қалтырау, әрең шамасы келу.*

**КӘЛЕМ** зат. сөйл. ***Кәлам.***

**КӘЛЕНДЕР** пар. зат. діни. *Ел кезуші дәруіш, тақуа, сопы.*

**КӘЛЕНДЕРЛІК** сын. *Дәруіштік, тақуалық.*

**КӘЛИЛЕ** ар. зат. ескі кіт. *Ырғақ, нақыш.*

**КӘЛИМ: кәлим Алла.** діни. *Алланың сөзі.*

**КӘЛИМА** зат. діни. *Аллаға деген сенім нышаны ретіндегі қысқа сиыну сөз.*

**Кәлимаға тілі келмеді.** діни. *Иманын айтуға, иманын үйіруге шамасы болмады.* **Кәлиманы ауызға алды.** діни. *Кәлима шаһадатты айтты, Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік етіп, Құдайға сиынды.* **Кәлима шаһадат** діни. *Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі дегенді айтуды және соған жүрекпен иланууды білдіретін исламдық діни нанымның бірінші және ең маңызды ереже-шарты, парызы.*

**КӘЛИМАСЫЗ** сын. діни. *Аллаға құлшылық жасамай, мінажатсыз [мұсылмандық шарты бойынша о дүниеге аттанар алдында кәлима шаһадат («Лә илләһа иллалла, Мұхаммаддур расул Алла») айтқан адамды Алла тағала тозақтан сақтайды].*

**КӘЛИМАГӨЙ** сын. көне. *Ақылгөй, діндар; Алласын аузынан тастамайтын.*

**КӘЛИМАЛЛА** зат. ескікіт. *Алланың сөзі.*

**КӘЛИМЕ** зат. сөйл. ***Кәлима.***

**КӘЛИМОЛЛА** зат. діни. *Құдаймен сөйлесуші, әңгімелесуші [Діни аңыз бойынша Мұса пайғамбар Құдайменен сөйлеседі, содан бастап Мұса пайғамбардың лақап аты, теңеуі кәлимолла болып аталып кетеді].*

**КӘЛЛА** [ир. كله] зат. ескікіт. *Адамның, жан-жануарлардың басы.*

**КӘЛЛӘ** зат. **1.** ескікіт. ***Кәлла.*** **2.** сөйл. мысқыл. *Адамның басы.*

**КӘЛӨШ** зат. сөйл. ***Галош.***

**КӘЛПЕ** зат. сөйл. ***Қалпе.***

**КӘЛПЕЛІК** сын. ***Қалпелік*** *(молдалық).*

**КӘЛТЕКЕЙ** сын. жерг. *Қысқа, шолақ.*

**КӘЛҮНГІР** зат. *Өте жұқа, жұмсақ жібек.*

**КӘЛІП** зат. ескікіт. *Ит.*

**КӘМ** сын. *Кедей.*

**КӘМАЛ** зат. сөйл. ***Кемел.***

**КӘМАЛАТ** зат. сөйл. ***Кәмелет.***

**Кәмалат тапты.** *Толықты, жетілді.*

**КӘМАЛАТТЫ** сын. ескікіт. ***Кәмелетті.***

**КӘМАЛДАН=** ет. ескікіт. ***Кемелдену*** *(толығу, есею, бой жету).*

**КӘМӘЛ** зат. ескікіт. ***Кемел.***

**КӘМӘЛАТ** зат. ескікіт. ***Кәмелет*** *(толықтық, жетілгендік).*

**Кәмәлатқа жеткізді.** *Шындыққа, ақиқатқа жеткізді.* **Кәмәлатқа жетті.** *Шындыққа, ақиқатқа жетті.*

**КӘМӘЛАТ-ҒАЗАМАТ** зат. діни. *Құдіреттілік, ұлылық.*

**КӘМАНД** зат. ескікіт. *Шынжыр, арқан.*

**КӘМАНДАУШЫ** зат. көне. *Арқан тастаушы.*

**КӘМАНДАЗ** [ир.] зат. ескікіт. ***Кәмандоз.***

**КӘМАНДОЗ** зат. әск. көне. *Кәманд құралын қолданушы.*

**КӘМӘН** зат. ескікіт. ***Кәманд.***

**КӘМӘР: кәмәр белдік. *Кемер белбеу.***

**КӘМБАЛ** сын. *Кембал, кембағыл (мертіккен, зақымданған).*

**КӘМБІЛ** сын. *Кемел, жетік, толысқан.*

**КӘМЕК** сын. жерг. **1.** *Пісіп жетілмеген, шикі (қауын).* **2.** ауыс. *Ақылы толмаған, топас*

**КӘМЕЛ** сын. ескікіт. ***Кемел.***

**КӘМЕЛЕТ** [ар. كمالة] зат. *Жыныстық жағынан дамып жетілген кез; өз істеріне қоғам алдында жауап бере алатын, өскен, толыққан шақ.*

**Кәмелетке жетті [толды, келді].** а) *Есейді, ер жетті.* ә) *Шындыққа тапты, ақиқатқа көзі жетті.* **Кәмелетке толды.** құқық. *Кәмелеттік жасқа келді, өз істеріне қоғам алдында жауап бере алатын, қоғам өміріне араласа алатын шаққа жетті.*

**КӘМЕЛЕТТІ** сын. *Толық кемелді.*

**КӘМЕЛЕТТІК** сын. *Кәмелетке қатысты, кәмелет шақты білдіретін.*

**Кәмелеттік аттестат.** тар. сов. *Он жылдық орта мектепті бітірген оқушыларға берілетін куәлік қағаз.* **Кәмелеттік жас [шақ]** псих. құқық. *Адамның өз ақылымен, санасымен өмір сүретін, заңды некеге тұруға және өз қылығына, жасаған қылмысына толық жауап бере алатын жағдайға жеткен жасы.*

**КӘМЕЛЕТТІЛІК** зат. *Жетілгендік, толысқандық.*

**КӘМЕСЕ** зат. сөйл. ***Комиссия.***

**КӘМЗОЛ** зат. сөйл. ***Қамзол.***

**КАМИЛ** сын. ескікіт. ***Кәміл.***

**КӘМИЛА** сын. ескікіт. *Кемел, кемелді.*

**КӘМИНА** [ар.] зат. көне. *Бағынушы, құл болушы.*

**КӘМИНЕ** сын. көне. *Жасырын, құпия.*

**КӘМПЕРКЕ** [ор. камфорка] зат. *Шәйнек қою үшін самаурынның трубасына кигізілетін зат.*

**КӘМПЕСКЕ** [ор. конфискация] зат. тар. *Кеңестік өкімет қаулысы бойынша, бай-құлақ, қанаушы тап деген ат тағылған ел арасындағы ауқатты әлеуметтік топ өкілдерінің жекеменшік мүлкін зорлықпен мемлекет пайдасына алу ісі.*

**КӘМПЕСКЕЛЕ=** ет. тар. *Кеңестік өкімет қаулысы бойынша, бай-құлақ, қанаушы тап деген ат тағылған ел арасындағы ауқатты әлеуметтік топ өкілдерінің жекеменшік мүлкін зорлықпен мемлекет пайдасына алу.*

**КӘМПЕСКЕЛЕН=** ет. тар. *Кеңестік өкімет қаулысы бойынша, бай-құлақ, қанаушы тап деген ат тағылған ел арасындағы ауқатты әлеуметтік топ өкілдерінің жекеменшік мүлкін зорлықпен мемлекет пайдасына алынуы.*

**КӘМПЕСКЕЛЕНУ** *Кәмпескелен етістігінің қимыл атауы.*

**КӘМПЕСКЕЛЕУ** *Кәмпескеле етістігінің қимыл атауы.* // тар. *Кеңестік өкімет қаулысы бойынша, бай-құлақ, қанаушы тап деген ат тағылған ел арасындағы ауқатты әлеуметтік топ өкілдерінің жекеменшік мүлкінің зорлықпен мемлекет пайдасына алу.* // заң. ***Тәркілеу.***

**КӘМПИТ** <лат. confectum> ор. зат. тамақ. *Тәтті етіп жасалған кондитер өнімі, тағам.*

**КӘМПОРТ** зат. сөйл. ***Комфорт.***

**КӘМТАР** сын. сөйл. ***Кемтар*** *(кембағал, мүсәпір).*

**КӘМШАТ** зат. зоол. *Кеміргіштер отрядына жататын терісі бағалы аң, құндыз.*

**Кәмшат бөрік.** зат. этн. *Тұтастай кәмшат терісінен тігілген немесе кенересін кәмшат терісімен жұрындап, төбесін мақпал және т. б. қалың, тығыз матамен тыстап, сүйір етіп тіккен баскиім.* **Кәмшат тон.** жерг. *Кәмшат терісінен беттестіріліп тігілген тон.*

**КӘМІЛ**[1] [ар. كامل] үст. **1.** *Шын, рас, сөзсіз.* **2.** *Толық, әбден, мүлдем.* **3.** *Кемел, жетік, барынша толық.*

**Кәміл жас.** сөйл. ***Кәмелеттік жас.*** **Кәміл пір.** діни. *Сүйеуші, қолдаушы пір.* **Кәміл пірге сиынды.** діни. *Қолдаушысына, піріне жалбарынып, тілек, қолдау, демеу сұрады.* **Кәміл пірі жар болды.** діни. *Әулиелер демеп, қолдады.* **Кәміл сенді.** *Еш күмәнсіз, шын иланды, анық сенді.*

**КӘМІЛДЕ=** ет. *Ақиқаттау, шын ету, растау.*

**КӘМІЛДЕН=** ет. ***Кемелдену*** *(толығу, жетілу).*

**КӘМІЛДЕНУ** *Кәмілден етістігінің қимыл атауы.*

**КӘМІЛДЕУ** *Кәмілде етістігінің қимыл атауы.*

**КӘМІЛДІК** зат. **1.** *Ақиқаттық, шындық, шынайылық.* **2.** *Толыққандық, жетілгенік.*

**КӘН** зат. **1.** *Байырғы кезде еденнің астынан жүргізілген пештен шыққан түтін жолдары арқылы үйді жылытатын құрылғы.* **2.** *Ыстық, татулық, жылылық.*

**КӘНӘП** зат. ескікіт. *Өте жұқа, жұмсақ жібектің бір түрі.*

**КӘНДЕН** зат. *Иттің жұмсақ жүнді, кішкене түрі.*

**КӘНДУ** сын. көне. *Данагөй.*

**КӘНЕ**[1] есім. сөйл. ***Қане.*** **1.** *Қайсы мағынасындағы сұрау есімдігі.* **2.** экспр. *Сол ма, осы ма деген мағынадағы аз көру, азсынуды білдіретін сөз.*

**КӘНЕ**[2] од. сөйл. ***Қане.*** *Бұйрық, сұрау мәнді ишарат одағайы.*

**Кәне, көр.** экспр. *Бір нәрсеге иландыру үшін, сенбесең, өз көзіңмен көр немесе өзіңді сол жағдайда елестет деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.*

**КӘНЕКИ**[1] есім. сөйл. ***Қанеки*** *(қайсы, кәне мәнді сұрау есімдігі).*

**КӘНЕКИ**[2] од. сөйл. ***Қанеки.*** **1.** *Кәне мәнді бір іске шақыру, жұмылдыруды білдіретін ишарат одағайы.* **2.** экспр. *Құба-құп, тым жақсы.*

**КӘНИЗАК** [ир. کنیزک] зат. көне. *Хан сарайындағы тұтқын әйел, күң.*

**КӘНИЗӘК** зат. сөйл. ***Кәнизак.***

**КӘНИЗЕК** зат. сөйл. ***Кәнизак.*** // *Қораздың тауықтары.*

**КӘНИПАС** зат. этн. *Жібек матаның бір түрі.*

**КӘНИСА** зат. ескікіт. *Кәпірлердің табынатын орны; шіркеу, храм.*

**КӘНКИ** зат. сөйл. ***Коньки.***

**КӘНТЕК** сын. жерг. *Кішкене, шағын.*

**КӘНІ**[1] есім. сөйл. ***Қане*** *(қайсы сұрау сөзі).*

**КӘНІ**[2] од. сөйл. ***Қане*** *(ишарат сөз).*

**КӘНІ**[3]: **кәні болды.** *Қарқ болды, кенелді.*
**КӘНІГУ** *Кәнік етістігінің қимыл атауы.*
**КӘНІГІ** сын. **1.** *Машықтанған, үйренген, төселген.* **2.** *Шебер, майталман.*
**Кәнігі болды.** *Машықтанды, жан-жақты меңгерді, үйреніп алды.* **Кәнігі етті [қылды]** *Қызықтырды, құмарландырды, құнықтырды, машықтандырды, әуестендірді.* **Кәнігі жау.** *Тісқаққан, сыралғы дұшпан.*
**КӘНІГІЛЕН=** ет. *Әбден машықтану, төселу.*
**КӘНІГІЛЕНУ** *Кәнігілен етістігінің қимыл атауы.*
**КӘНІГІЛІК** зат. *Машықтық, төселгендік.*
**КӘНІЗ** зат. ескікіт. *Байлық, қазына, қойма.*
**КӘНІК=** ет. *Дәндеу, құнығу.*
**КӘНІКИ**[1] ес. сөйл. ***Қанеки.***
**КӘНІКИ**[2] од. сөйл. ***Қанеки.***
**КӘНІКТІ** сын. сөйл. ***Кәнігі.***
**КӘНІПАС** [пар.]. зат. этн. мата. *Бетінде аздап алтын сары түсті реңкі бар, боялмаған жіптен тоқылған жібек мата, қанипас [байырғы дәстүрлі ортада мұндай матадан тігілген киімді ауқаттылардың қыздары киген, жібек мата қыз-келіншектерді көз-тілден сақтайды деген түсінік қалыптасқан, сал мен серілер болмаса, күш-қуаты қайтады деп қазақтың жігіттері жібек кимеген].*
**КӘҢ** зат. сөйл. ***Кән*** *(мұржасы үйдің еденінің астынан өтетін ошақ).*
**КӘҢГІР=** ет. *Не істерін білмей, басы қату, мәңгіру.*
**КӘҢГІРЕЙ** ет. сөйл. *Кекірею, қақыраю.*
**КӘҢГІР-КҮҢГІР** елік. *Даңғыр-дүңгір.*
**КӘҢГІРТ=** елік. *Басын қатыру, мәңгірту.*
**КӘҢГІРТУ** *Кәңгірт етістігінің қимыл атауы.*
**КӘҢГІРУ** *Кәңгір етістігінің қимыл атауы.*
**КӘП** зат. сөйл. ***Гәп.***
**КӘПАРАТ** ар. зат. діни. *Жамандықты жақсылықпен жоюшылық.*
**КӘПЕР**: **кәперіне келмеді.** сөйл. ***Қаперіне келмеді.***
**КӘПЕРСІЗ** үст. сөйл. ***Қаперсіз.***
**КӘП-КӘДІМГІДЕЙ** сын. *Әжептәуір, кәдімгідей.*
**КӘП-КӘЗІР** үст. сөйл. ***Қап-қазір*** *(дәл қазір, дәл осы мезетте).*
**КӘП-КӘРІ** сын. *Әбден жасы жеткен, қартайған.*
**КӘПЕШ**[1] зат. жерг. *Жас баланың баскиімі.*
**КӘПЕШ**[2] зат. жерг. *Қызылша қазатын күрек тәрізді үш жағы үшкілдеу келген еңбек құралы.*
**КӘПКІР** зат. сөйл. ***Кәкпір.***
**КӘПІР** [ар. كافر] зат. **1.** *Алладан басқаға сенетіндер, пұтқа сиынушылар.* **2.** ауыс. *Дінсіз, опасыз, жексұрын, оңбаған.*
**КӘПІРЛІК** зат. **1.** *Діні басқалық, Алланы жалғыз Құдай деп танымаушылық, көп Құдайға сиынушылық.*
**КӘПІРСТАН** зат. *Басқа діндегілер, кәпірлер. // Оңбаған, жексұрын.*
**КӘР** зат. **1.** *Қаһар, ашу, ызбар.* **2.** *Қиыншылық, таршылық.*
**Кәр жіберді.** *Айбат шекті.* **Кәр етті.** *Қатуланды, ашу шақырды, қаһарланды.* **Кәр көрсетті.** *Қаһарын шашты, айбаттанды.* **Кәр қылды.** *Күш көрсетті, ашуға мінді, айбат шекті, ашуы келді; қаһарлы айбат көрсетті.* **Кәр қысты.** *Ашу-ыза кернеді.* **Кәрі қатты.** *Ашуы ызғарлы.* **Кәріне мінді.** а) *Қатуланды, қаһарланды, ашу шақырды.* ә) *Күшіне мінді, күшейді.* **Кәріне ұшырады.** а) *Қаһарына кездесті, ашуына тап болды.* ә) *Қарғысы атты, наласына қалды.* **Кәріне ілігу.** *Қаһарына тап болу.* **Кәрін қайтарды.** *Жуып-шайып, ашуын басты.* **Кәрін төкті.** а) *Қатты ызаланды, қаһарланды.* ә) *Қатты суытты, борандатты.* **Кәрін тікті.** *Қатуланды, шүйілді.* **Кәрі ызғарлы.** *Суық, ашуы қатты.*
**КӘРӘМ** сын. ескі кіт. ***Қайырымды.***
**КӘРӘМАТ** сын. ескі кіт. ***Керемет.***
**КӘРӘСІН** зат. сөйл. ***Керосин.***
**КӘРБ** зат. ескі кіт. *Уайым, қайғы, мұң, шер; сағыныш.*
**КӘРБИУН** сын. ескі кіт. *Қайғылы, азап шеккен.*
**КӘРД** зат. ескі кіт. *Бейне, түр; әрекет.*
**КӘРДАГАР** зат. ескі кіт. *Жаратушы, Құдай.*
**КӘРДЕН** зат. ескі кіт. *Мойын.*
**КӘРДЕН**[1] зат. ескі кіт. *Мойын.*
**КӘРДЕН: кәрден кесе.** *Ұзақ ұсталып келе жатқан қалың, үлкен, әшекейлі кесе.*
**КӘРЕК** зат. жерг. *Тікенді шөп түрі.*
**КӘРЕНЕЙ** зат. өс. *Кішкене жапырақты, сары гүлді, тамырын жеуге болатын өсімдік.*
**КӘРЖІК** сын. жерг. ***Кержік*** *(жымырайған, таңқы).*
**КӘРЗЕҢКЕ** [ор. корзинка] зат. *Түрлі заттар салу үшін қоға, ши, тал шыбықтан тоқып жасалған ыдыс.*
**КӘРИ**[1] зат. сөйл. ***Қари.***
**КӘРИ**[2] сын. жерг. *Су қараңғы соқыр.*
**КӘРИ** сын. ескі кіт. **1.** *Іскер, белсенді.* **2.** *Қайраткер; ер жүрек.*
**КӘРИМӘ** сын. діни. ескі кіт. *Құдіретті, күшті (құдайдың көп теңеулерінің бірі).*
**КӘРИҺ** сын. ескі кіт. *Жексұрын.*
**КӘРИЯ** зат. сөйл. ***Қария.***
**КӘРИЯЛЫҚ** сын. ***Қариялық*** *(жасы үлкендік, көп көргендік).*
**КӘРКЕСТЕ** сын. жерг. *Тісқаққан қу, айлакер.*
**КӘРКЕСТІ** сын. жерг. *Жасы жеткен кемпір-шал, кәрі-құртаң.*
**КӘРКИДЕН** зат. көне. *Пілдің ең үлкен түрі.*
**КӘРЛЕН** зат. сөйл. ***Кәрден.***
**Кәрлен кесе.** ***Кәрден кесе*** *(әдемі ою-өрнекті, сырлы кесе).*
**КӘРЛЕН=** ет. **1.** *Қаһарлану, ашулану.* **2.** ауыс. *Құйғыта шабу; жұлқыну, екілене ұмтылу.*
**КӘРЛЕНУ** *Кәрлен етістігінің қимыл атауы.*
**КӘРЛІ** сын. *Қаһарлы, ашулы, ызбарлы.*
**КӘРМЕН** үст. *Ызбарланып, ашулы.*
**КӘРСЕ** зат. жерг. *Теңіз жағасында орналасқан, ауланған балықты қабылдау орны.*
**КӘРТЕЙ=** ет. сөйл. жерг. *Болбырап босаң тарту, әлсіреу.*
**КӘРТӨШКЕ** зат. жерг. *Күнқағары қатты жеңіл-желпі ерлер баскиімі.*
**КӘРТІШКЕ** [ор. карточка] зат. сов.сөйл. **1.** *Ел үшін әлеуметтік-экономикалық жағынан қиын болған жылдары әр отбасы мүшелерінің санына қарай есептеліп берілетін нан, май т.с.с. мөлшері жазылған рұқсатқағаз.* **2.** *Фотосурет.*
**КӘРІ** сын. **1.** *Жасы жеткен, қарт, қартайған (адам). // Қария, үлкен кісі.* **2.** ауыс. *Бұрыннан өсіп тұрған, қураған.* **3.** ауыс. *Көне, ежелгі, атам заманғы.*
**Кәрі атаның сақалындай.** *Селдір, сояу-сояу.* **Кәрі аюдай.** *Үлкен, еңгезердей.* **Кәрі буын.** *Егде тартқан, тісқаққан.* **Кәріге бас қайғы.** *Кәрі адам денсаулығын көп ойлайды, қартты денсаулығы мазалайды.* **Кәрі демей, жас демей.** *Үлкен-кішіге қарамай, жаппай.* **Кәрі жүз.** *Әжім-әжім, қатпар-қатпар болған бет, өң.* **Кәрі жыны қозды [ұстады, түсті].** *Ашуы келді, ашулы айбарға көшті; намыстан ашуға мінді; шабыты келді.* **Кәрі жынын шақырды.** бейн. *Бұрқан-талқан болып, ашуланды.* **Кәрі жілік.** а) этн. *Қазақ халқының дәстүрінде асылған еттің ішінен қыз балаға жеуге болмайтын, дастарқан басындағылардың үлкені жейтін, кәделі табақтың сүйегі.* ә) анат. <лат. radius> *Білек құрамына кіріп, шынтақ сүйекпен жарыса, оған сіңір арқылы байланыса орналасқан, құрамында жілік басы, жілік басы шұңқыры т.б. анатомиялық бөліктері бар, жоғарғы жағынан тоқпан жілікпен, төменгі жағынан жіліншікпен түйіскен қол жілік, түтік тәрізді сүйек.* **Кәрі жілікпен басқатырмақ ойнау.** зат. ойын. *Тізілген асықты кәрі жіліктің келесі басына өткізіп ойнайтын ұлттық балалар ойыны.* **Кәрі ит.** бейн. *Қартайған, қажып-талған (шал).* **Кәрі иттік.** *Айуандық, оңбағандық, бұрыннан келе жатқан арамдық, ескі қыңыр мінез.* **Кәрі кеуде.** поэт. *Біраз жас жасаған, көпті көрген қария.* **Кәрі көз.** *Көпті көрген, кәнігі.* **Кәрі қақпас.** сөйл. дөрекі. *Кәрі оңбаған, көзге сүйел болған деген мағынада.* **Кәрі қобыз.** поэт. *Қазақтың ескілікті қолтума ұлт аспабы.* **Кәрі қойдың жасындай жасы қалды.** *Жасы жетіп, қартайды.* **Кәрі құлақ.** *Өткен-кеткеннен хабары мол, көне көз.* **Кәрі қыз.** *Жасы біраз болған, үлкейген, тұрмыс құрмаған қыз.* **Кәрі қымыз.** *Халықпен бірге жасасып, ежелден келе жатқан қадірлі, атадан қалған асыл ас, дәстүрлі сусын.* **Кәрі сайқалдарша сыланған.** *Қылмыңдаған, қылымсыған; жалаңдаған.* **Кәрі сайтан.** *Сүйекке сіңген дағдылы әдет.* **Кәрі сырқат.** *Бұрыннан келе жатқан ауру, бойына сіңген ауру.* **Кәрісі жоқ болса, жасы дуана болады.** *Қариясы жоқ елдің жастары қарттардың қызметін өзіне алады, орнын басады деген мағынада.* **Кәрі тарлан [шөңге].** *Көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, тәжірибелі, көпті көріп егде тартқан.* **Кәрі шөгел.** *Қартайған, кәрі қыран құс.*
**КӘРІ=** ет. жерг. **1.** *Жасы жету, қартаю.* **2.** ауыс. *Тозу, көнеру, алыста қалу.*
**КӘРІБОЗ** сын. *Ысылған, тәжірибелі.*
**КӘРІ-ЖАС** зат. *Үлкен-кіші, барлығы.*
**КӘРІЗ** [ир. كاريز] зат. **1.** *Жерасты суларын шаруашылыққа пайдалану үшін жерастынан көлбей қазылған арық немесе арна.* **2.** сушар. *Жерасты суларын бір орынға жинап, оларды шаруашылықта пайдалану мақсатында жер бетіне шығару үшін жасалған, көлбеуге дерлік бағытта жерасты суларының ағысы бойынша орналасқан жерасты галереясы немесе жерді құрғату аймағындағы топырақтағы артық суды жинап, құбыр, канал арқылы басқа жаққа бұрып әкетуін жүзеге асыратын құрғату тәсілі.*
**Кәрізді жуып-шаю мәшинелері.** сушар. *Құбырдағы тұнба қалдықтарды жуып-шайып, тазалайтын мәшинелер.* **Кәрізді лайланудан қорғау.** сушар. *Арнаулы инженерлік және агромелиорациялық жұмыстар арқылы кәрізді лайланудан сақтау шараларының жинағы.* **Кәріздің су қабылдау мүмкіндігі.** сушар. *Кәріздің жер құрғату әрекетінің белгілі бір жағдайдағы түрқы, құрғатылатын жердің топырағынан суды қабылдау қасиеті, көрсеткіші.* **Кәріздің тұнбалануы.** сушар. *Әртүрлі жағдайларға байланысты ашық және жабық (жерасты) кәріз жүйесінің тұнба заттармен жабылып (бекітіліп), сулы таужыныстардың құрғауының тоқтауы.* **Кәріздің шөгуі.** сушар. *Кәріздеу құбырларының тігінен жылжып шөгуі.* **Кәрізді шаю.** сушар. *Кәріз тармақтарындағы құбырларда кептеліп қалған су тұнбасын күшті қысыммен ығыстыру немесе әртүрлі ерітінділермен және т.б. шаю, жуып-тазалау тәсілдері.* **Кәріз орналастыру тереңдігі.** сушар. *Кәрізді құбырды жерастына белгілі бір тереңдікте орналастыру; құбырдың еңістігін сақтай отырып, індік немесе саңылаулы кәріз түрін жасау әдістері.* **Кәріз суы.** сушар. *Жер қыртысы мен жербеті суының тұтастай трансформацияланған түрі.* **Кәріз табаны тұнбалануы.** сушар. *Кәріз құбырлары мен тармақтары табанының қайырланып, тұнба шөгінділермен батпақтануы және құбырларда минералдық түйіршіктермен тұздың шөгуі.*
**КӘРІЗДЕ=** ет. *Кәріз жасау.*
**КӘРІЗДЕГІШ** сын. тех. *Кәріз жасаушы, кәріз жасайтын.*
**Кәріздегіш мәшинелер.** сушар. *Жабық кәріз жасайтын мәшинелер, кәріз құбырларын төсейтін мәшине.*
**КӘРІЗДЕУ**[1] *Кәрізде етістігінің қимыл атауы.*
**КӘРІЗДЕУ**[2] зат. сушар. <ағыл. drain> **1.** *Ыза сулардың деңгейін жасанды түрде төмендету немесе оларды қашыртқы қарық, құбырмен ағызып жіберу арқылы жер бетіндегі*

*аумақты құрғату тәсілі.* **2.** *Жерасты суларын алып кету.*

**Кәріздеу мүмкіндігі.** сушар. *Кәріз жүйесінің топырақтағы артық суды артылу (құрғату) мүмкіндігі.*

**КӘРІЗДІ** сын. *Кәрізі бар, кәріз қазылған.*

**Кәрізді ағындының модулі.** сушар. *Белгілі бір уақытта белгілі бір жер көлемінен жер құрғату желілері (тармақтар) арқылы кәріз суын басқа жаққа бұрып әкету.*

**КӘРІЗДІК** сын. *Кәрізге арналған, лайық.*

**Кәріздік ұңғыма.** сушар. *Жерасты суларын жинап, жоғары көтеріп пайдалану және жерасты суының деңгейін біркалыпты ұстауға арналған ұңғыма құрылысы.*

**КӘРІЗТӨСЕУШІ: кәрізтөсеуші мәшине.** сушар. *Жабық көлденең құбырлы кәріздің құбырын төсейтін мәшине.*

**КӘРІҚҰЛАҚ** зат. *Өткен-кеткен оқиғалар туралы естіп-білгендері көп, естігендерін жадына жақсы сақтаған, әңгімені көп білетін адам. // Қария, қарт, көпті көрген.*

**Кәріқұлақ қариялар.** *Естіген-білгені мол, шежіре кісілер.*

**КӘРІҚҰЛАҚТЫ** сын. *Көп білетін, көпті көрген, ежелгіні есіне сақтаған.*

**КӘРІ-ҚҰРТАҢ** зат. **1.** *Жасы жеткен, қартайған адамдар.* **2.** *Арық-тұрақ, кәрі мал.*

**КӘРІҚЫЗ** зат. өс. <лат. lappula> *Дәнінің сыртында қармақ тәрізденген ілмешекті түгі бар, айлауықтар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**КӘРІЛЕУ** сын. *Қарттау, қартаңдау.*

**КӘРІЛІ-ЖАСТЫ** сын. *Жасы, кәрісі аралас, үлкенді-кішілі.*

**КӘРІЛІК** зат. *Жасы ұлғайғандық, қарттық.*

**Кәрілік жетті**. *Қарттық басталды, кәрілік келді.* **Кәрілік иектеді**. *Қартая бастады, шау тартты.* **Кәрілік келді**. *Жас ұлғайды, қартайды.* **Кәрілікке сыр берді**. *Қартайғандықты мойындады.* **Кәрілік қуып жетті**. *Кәрілік, қарттық келіп қалды.* **Кәрілік таяды**. *Кәрілік жақындады, қарттық біліне бастады.* **Кәрілік түсау, кедейлік бұғау болды**. *Кәрілік пен жарлылық аяғын буды, қолын байлады.*

**КӘРІМ** [ар.]сын. діни. *Дархан, жомарт, қайырымды деген мағынадағы Алланың тоқсан тоғыз ұлы есімдерінің бірі.*

**Кәрім Алла.** діни. *Дархан, қайырымды Алла.* **Кәрім қылу.** көне. *Мейірбандық қылу.*

**КӘРІП** [ар. غريب] зат. **1.** *Мүсәпір, байғұс, бейшара, сорлы.* **2.** *Соқыр, мүгедек, кемтар.*

**Кәріп болды**. *Қор болды; халі мүшкіл болды.*

**КӘРІП-ҚАСЕР** сын. ескі кіт. *Мүсәпір, кемтар.*

**КӘРІПТІК** зат. *Бейшаралық, мүсәпірлік; мүгедектік.*

**КӘРІПШІЛІК** зат. *Мүсәпірлік, кемтарлық; мұқтаждық.*

**КӘРІС** зат. *Жұқалау тоқылған жібек мата.*

**Кәріс шалы**. жерг. *Қалың көйлек.*

**КӘРІСІН**= ет. менсінбеу. *Кәрі санау, кәрі деп көзге ілмеу.*

**КӘРІСІНУ** *Кәрісін етістігінің қимыл атауы.*

**КӘС**[1] зат. жерг. **1.** ***Шым.*** **2.** кәс. *Жер жыртқанда боразда аралығында айдалмай қалып қойған жер.*

**КӘС**[2] сын. жерг. *Мезі болған, ығыр болған.*

**КӘС**[3]**: кәс жалқау**. *Тым еріншек, бойкүйез.*

**КӘСЕ** зат. жерг. кәс. *Теңіздің ау салуға қолайлы таяз жері.*

**КӘСЕК**[1] [ор. косяк] зат. *Терезенің жақтау ағашының, есіктің сыртынан қағатын қорап.*

**КӘСЕК**[2] зат. жерг. *Үйір, топ.*

**КӘСЕР** сын. ескікіт. *Мүсәпір, бейшара.*

**КӘСПЕК** зат. жерг. *Елеуіштің шеңбері.*

**КӘСРА** зат. лингв. *Араб әліпбиінде әріптің астына қойылатын сызықша.*

**КӘСРАЛЫ** сын. *Кәсра белгісі қойылған, кәсрасы бар.*

**КӘСТЕ** зат. жерг. *Ауру, сырқат.*

**КӘСІБИ** сын. *Белгілі бір кәсіпке, мамандыққа тән.*

**Кәсіби аурулар.** мед. *Белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен болатын кесел, дерт.* **Кәсіби бағдар.** пед. *Жастарға, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесетін, бағыт беретін шаралар жүйесі.* **Кәсіби боксшы.** спорт. *Кәсіби бокстың ережесі бойынша өнер көрсететін, жекпе-жекке шыққаны үшін ақшалай сыйақы талап ететін, кәсіпқойлар клубының мүшесі болып есепте тұрған боксшы.* **Кәсіби дайындық**. пед. *Белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру.* **Кәсіби деңгей.** *Кәсіби біліктілік, мамандығын меңгеру дәрежесі.* **Кәсіби саясат.** жаңа. *Жеке тұлғаның кәсібі болып табылатын жоғары технологиялар бойынша саясат жүргізу ісіне қатысты саяси кеңестер мен ұсыныстар беруге негізделген адам қызметінің бір түрі.* **Кәсіби сөздер**. лингв. *Нақтылы бір мамандықпен байланысты айтылатын сөздер.* **Кәсіби спорт.** *Спортшының спортты өзінің айналысатын негізгі ісі, өмір сүруіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етудің көзі мен отбасын асырау үшін қаржы табудың жолы етіп алған спорттың жеке түрі.*

**КӘСІП** [ар. كسب] зат. **1.** *Тіршілік әрекетінің белгілі бір түрі, белгілі бір жұмыс түрімен айналысушылық, мамандану түрі, мамандық.* **2.** *Жұмыс, іс, еңбек.*

**Кәсіпке қосылды**. жерг. *Жұмысқа тұрды.* **Кәсіп қылды**. *Еңбек етті.*

**КӘСІПКЕР** зат. **1.** *Белгілі бір кәсіппен айналысатын адам, кәсіпқой мамандық иесі.* **2.** әлеум-экон. *Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, кәсіпорын құру үшін қаражат іздеп табатын және сол тапқан қаражатымен кәсіпкерлік тәуекелдікке бас тігетін адам.*

**КӘСІПКЕРЛІК** зат. **1.** *Кәсіпшілік, шаруашылық.* **2.** экон. *Азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда алуға немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі.*

**Кәсіпкерлік әдеп**. *Нарықтық экономика субъектілерінің адамгершілік нормаларының жиынтығы.* **Кәсіпкерлік ынтагерлік**. экон. жаңа. *Өндіріс пен өткізуді басқару нысаны.*

**КӘСІПКІ** сын. жерг. *Өз алдына, жеке, арнаулы.*

**КӘСІП-ҚАРАКЕТ** зат. *Кәсіп, іс-әрекет.*

**КӘСІПҚОЙ** сын. **1**. *Өз кәсібінен пайда табуды көздейтін.* **2.** *Белгілі бір мамандықпен, кәсіппен арнайы шұғылданатын.*

**Кәсіпқой армия.** әск. *Жан-жақты мамандандырылған әскери күш.* **Кәсіпқой бокс.** спорт. *Ресми спорттық ойындардан бөлек бокс түрі.* **Кәсіпқой боксшы.** *Кәсіпқой бокспен айналысатын спортшы.*

**КӘСІПҚОР** зат. *Кәсіп етуші, пайдақор.*

**КӘСІПҚОРЛЫҚ** зат. *Кәсіп етушілік, пайдақорлық.*

**КӘСІПОДАҚ** зат. қоғ.-әлеум. *Өндірістегі және өндірістен тыс салалардағы қызметкерлерді біріктіретін, өз мүшелерінің әлеуметтік экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылатын ерікті ұйымдар; қызметінің сипаты мен кәсіби мүдделерінің ортақтығына қарай ұйымдасқан азаматтардың бұқаралық ерікті қоғамдық бірлестіктері.*

**КӘСІПОРЫН** зат. **1.** *Тұрмысқа, шаруашылыққа қажетті түрлі бұйымдар, заттар шығаратын, өндіретін өндіріс орны.* **2.** экон. *Қоғамдағы еңбек бөлінісі жүйесіндегі оқшауланған дербес өндірістік-шаруашылық бірлік, яки заңи тұлға құқығы берілген шаруашылық жүргізуші субъект; өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырудың негізгі нысаны.*

**Кәсіпорындар бірлестігі.** экон. *Қызметті үйлестіру, құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ету, тиісті мемлекеттік және басқа органдарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда ортақ мүдделерді білдіру мақсатымен құрылатын кәсіпорындар кешені.* **Кәсіпорынды жалға беру**. экон. *Сатып алу-сату; яғни меншік нысаннан және меншіктенуші ауыстыру нысанында жүзеге асырылатын меншікті жекешелендіру нысандарының бірі.* **Кәсіпорынды сатып алу**. экон. *Бір компанияның екінші компанияны бақылауын сатып алу.* **Кәсіпорын мүлкі**. экон. *Құны кәсіпорынның дербес балансында (бухгалтерлік балансында) көрсетілетін негізгі құрал-жабдық, айналымнан тыс құрал-жабдық, шығын және басқа құндылықтар.* **Кәсіпорынның еңбек ұжымы**. экон. *Еңбек шарты (келісімі), сондай-ақ қызметкердің кәсіпорынмен еңбек қатынасын реттейтін басқа да нысандар негізінде кәсіпорын қызметіне өз еңбегімен қатысатын барлық азаматтар.* **Кәсіпорынның есептемесі.** экон. *Кәсіпорын (фирма, цех, телім) қызметінің өткен кезеңдегі жағдайы мен нәтижелерін сипаттайтын мәліметтердің жиынтығы; өзара байланысты көрсеткіштердің жүйесі.* **Кәсіпорынның жауапкершілігі**. экон. *Кәсіпорын өзінің жарғысында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің шегінен шығатын немесе заңды бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда қолданылатын жауапкершілік.* **Кәсіпорынның отын-энергетика ресурстарының балансы**. экон. *Отын-энергетика ресурстарының кірісі мен шығысы арасындағы арасалмақты және олардың пайдаланылу бағытын бейнелейтін көрсеткіштер жүйесі.* **Кәсіпорынның пайдасы.** экон. *Өнімді өткізуден (жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен түсім мен жалпы шығын арасындағы айырма.* **Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі.** экон. *Әдетте, кәсіпорынның валюталық өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру негізінде жүзеге асырылатын қызметі; кәсіпорынның сыртқы сауда қызметіне қатысуы.* **Кәсіпорынның шаруашылық және коммерциялық қызметінің көрсеткіштері.** экон. *Нарықтық ақпараттың құрамдас бөлігі.* **Кәсіпорынның шаруашылық құрал-жабдығы.** экон. *Кәсіпорынның өндіріс аясындағы құрал-жабдығының, айналыс аясындағы қаражатының және әлеуметтік аяға қызмет көрсету құралдарының жиынтығы.*

**КӘСІПСІЗ** сын. *Тиянақты іс-әрекеті жоқ, жұмыссыз, еңбексіз.*

**КӘСІПСІЗДІК** зат. *Іссіздік, жұмыссыздық; кәсібі жоқтық.*

**КӘСІПТЕС** сын. *Істес, жұмыстас, қызметтес.*

**КӘСІПТІК** сын. **1.** *Белгілі бір мамандыққа үйрететін, дайындайтын.* **2.** *Тұрмысқа қажетті, пайдасы мол, шаруашылық маңызы зор.*

**Кәсіптік ақпарат.** экон. <лат. commercial information> *Иесінің қалауы бойынша және оның шарттарымен ғана таратылатын ақпарат; сату-сатып алу объектісі.* **Кәсіптік аурулар.** мед. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке байланысты болатын ауру түрлері.* **Кәсіптік бағдар.** пед. *Жасөспірімдерді немесе талапкерлерді оқыту мен тәрбиелеудің болашақ мамандыққа баулу, үйретуге байланысты бір бағыты.* **Кәсіптік бағдарлау.** пед. *Әрбір тұлғаның индивидумдық мүдделері мен еңбек рыногының қажетсінуін есепке ала отырып, халыққа кәсіп таңдауда, іріктеуде не кәсіп ауыстыруда көмектесуді қамтамасыз ететін отбасының, оқу орындарының, мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың ақпараттық және ұйымдастырушылық-практикалық іс-әрекеті.* **Кәсіптік білік.** *Алынған білім негізінде атқарылуға тиіс әрекеттің ерекшіліктерін меңгере отырып, оны пайдалана білу әрекет терінің жиынтығы.* **Кәсіптік біліктілік.** пед. *Белгілі бір деңгейдегі күрделі-нақты іс-әрекетті орындауға қажетті қызметкердің кәсіптік әзірлік сатысы.* **Кәсіптік білім беру.** *Қандай да бір кәсіпті меңгеруге қажетті білімді игерту.* **Кәсіптік дағды.** пед. *Жаттығу нәтижесінде автоматтану дәрежесіне жеткен еңбек әрекетінің жекелеген практикалары мен тәсілдері.* **Кәсіптік даярлық.** пед. *Мамандар мен жұмысшыларға кәсіптік білім беру, оларды мамандыққа даярлау, қайта*

*оқыту және олардың біліктілігін көтеру сияқты білім беру жүйесінің маңызды саласы.* **Кәсіптік дәстүр.** пед. *Жалғасын тапқан әулеттік кәсіп.* **Кәсіптік дербес компьютер.** инф. <ағыл. personal profession-oriented computer> *Маманның жұмыс орны ретінде пайдаланылатын және кәсіптік мәселелерді шешуге арналған дербес компьютер.* **Кәсіптік қоғамдастық.** *Кәсіппен байланысты мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған қауымдастық.* **Кәсіптік мектеп.** пед. *Жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз ететін орта оқу орны.* **Кәсіптік орта білім беру.** пед. *Біліктер мен дағдылардың, ғылыми білімнің бірігуіне сәйкес бағдарламаларымен, қоғам өміріне белсене қатысуды қамтамасыз ететін немесе жоғары мектепте әрі қарай оқуды көрсететін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі.*

**КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ** сын. пед. *Техникалық бағыттағы кәсіпке бейімдейтін, соған қатысты.*

**Кәсіптік-техникалық білім.** пед. *Кәсіптік-техникалық оқу орындарында және өндірісте оқыту жолымен шаруашылық салалары үшін білікті жұмысшы кадрлар даярлау жүйесі; белгілі бір жұмысшылық кәсіп, мамандық бойынша жұмысты біліктілікпен орындауға мүмкіндік беретін жүйеленген білімдердің, ісмерлік білік пен машық-дағдылардың жиынтығы.*

**КӘСІПШІ** зат. *Белгілі бір кәсіппен шұғылданушы, кәсіпқор.*

**КӘСІПШІЛ** сын. *Кәсіпке икемді, жақсы маман, кәсіпқұмар.*

**КӘСІПШІЛІК** зат. **1.** *Кәсіп етушілік, шаруашылық, өндіріс саласы.* **2.** *Күнелтіс көзі ретінде қолөнермен немесе басқа бір майдагерлік кәсіппен айналысу.*

**Кәсіпшілік кемелер.** *Балық және кит аулауға, теңіз өнімдерін өңдеуге арналған су көлігі.*

**КӘТ**[1] сын. жерг. ***Қат*** *(тапшы, мұқтаж).*

**КӘТ**[2] зат. жерг. *Ағаш төсек, кереует.*

**КӘТ**[3] сын. ескі кіт. *Үлкен.*

**КӘТЕ** зат. сөйл. ***Қате.***

**КӘТЕК**[1] зат. жерг. *Тауыққа арналып ағаштан салынған кішкентай үйшік.*

**КӘТЕК**[2] зат. жерг. *Дәнді дақылдардың семіп, солып қалған дәні.*

**КӘТЕК**[3] сын. жерг. *Жүдеу, әлсіз.*

**КӘТЕЛОШКЕ** [ор. каталажка] зат. *Тұтқынға алғандарды қамайтын түрме, абақты.*

**КӘТЕП** зат. **1.** ескі кіт. *Иық.* **2.** этн. *Жүк арту үшін түйенің өркешіне ұзыннан салынатын ағаш.*

**КӘТЕПТІ** сын. этн. *Кәтебі бар.*

**Кәтепті қара нар.** этн. *Жүк арту үшін өркешіне ұзыннан салынған ағашы бар берік, мықты, күшті түйе.*

**КӘТЕР** зат. сөйл. ***Катер.***

**КӘТТА** сын. ескі кіт. *Үлкен, зор, мықты.*

**КӘТТЕ**[1] шыл. жерг. *Немесе, болмаса.*

**КӘТТЕ**[2] [ир. کته] сын. жерг. *Үлкен.*

**КӘТЕК** зат. этн. *Жылжып кетпес үшін көлік дөңгелегінің астына қойылатын тығын; көбінесе, сандық, үстел, т.б. жиһаздарының біртегіс тұруы үшін тығыздап қойылатын зат.*

**КӘТЕКІ** сын. *Тәжірбиелі, шебер (ұста).*

**КӘТШІЛІК** зат. ***Қатшылық*** *(тапшылық, мұқтаждық).*

**КӘТІП** зат. сөйл. ***Кітап.***

**КӘТІРЕК** сын. жерг. *Тапшырақ, мұқтажырақ.*

**КӘТІРЕҢКІ** зат. өс. жерг. *Қаттылығы жағынан қара ағаштан кем түспейтін, таулы жерде өсетін бозғылт түсті, тал тұқымдастар тобына жататын жапырақты ағаш.*

**КӘУАП** [ир. کباب] зат. тамақ. *Істікке түйреп, шоқтың қызуына қақтап пісірілген ет.*

**КӘУАПШЫ** зат. *Кәуап пісіруші.*

**КӘУӘКИБ** зат. ескі кіт. *Жұлдыздар.*

**КӘУБАС** сын. жерг. *Кесек денелі, ірі, үлкен.*

**КӘУДІРЕ**= ет. сөйл. ***Қаудыра.***

**КӘУДІРЛЕ**= ет. сөйл. ***Қаудырла.***

**КӘУДІРЛЕК** сын. жерг. *Жаңа қата бастаған (мұз).*

**КӘУЖЕҢДЕ**= ет. жерг. *Аздап жеу, жүрек жалғау, қаужаңдау, қаужаулау.*

**КӘУЕ** зат. жерг. ***Асқабақ.***

**КӘУЕКТАС** зат. жерг. ***Кеуек тас.***

**КӘУКЕЛЕКТЕ**= ет. сөйл. ***Қауқалақта.***

**КӘУКИ**= ет. сөйл. ***Қауқи.***

**КӘУКІЛДЕ**= ет. сөйл. ***Қауқалақта.***

**КӘУЛЕ**= ет. жерг. *Үңгу, кеулеу.*

**КӘУЛЕН** зат. жерг. *Қау, қаудан, боз шөп.*

**КӘУПЕК** сын. *Қаупиған, қуыс кеуде.*

**КӘУСАР** [ар. كوثر] сын. діни. **1.** *Қасиетті, шипалы (су); [сүттен ақ, қардан таза, қанттан тәтті, табаны толған інжу-мыс деп саналатын аңыздағы жұмақ суы].* **2.** ауыс. *Мөлдір, таза, тұнық, кіршіксіз.*

**Кәусар су.** поэт. *Өмір, тіршілік көзі болған, қасиетті жерге, елге нәр болған су.* **Кәусар ішті.** діни. *О дүниеде күнәсыз пендесіне арнаған тіршіліктің ләззатын берер шипа суын ішті.*

**КӘУСАРДАЙ** сын. *Таза, тұп-тұнық.*

**КӘУСАРЛЫ** сын. *Шипалы, қасиетті; таза.*

**КӘУІЛ** зат. өс. жерг. *Құмды жерде тарбиып өсетін, түйнегі бар, түйнегін де, тамырын да емге пайдаланатын өсімдік.*

**КӘУІЛДЕС**= ет. жерг. *Гуілдеп сөйлесу.*

**КӘУІЛДЕСУ** *Кәуілдес етістігінің қимыл атауы.*

**КӘУІР** зат. көне. *Жау, дұшпан.*

**КӘУҺАР** зат. сөйл. ***Гауһар.***

**КӘУІС-КӘУІС** од. *Түйе малын шақырғанда айтылатын сөз.*

**КӘФ** [ар. كاف] зат. лингв. *Араб әліпбиіндегі «к» әрпінің айтылуы, аты.*

**КӘФІР** зат. ескі кіт. ***Кәпір.***

**КӘҺИ** шыл. көне. *Кейде, біресе, бірде; яки; не.*

**КӘҺІ** есім. көне. *Кейі, кейбіреуі.*

**КӘШӘ** зат. қолөнер. *Шыбықтан өрілген, қақпағы бар себет (кәрзеңке) тәрізді шаруашылық құралы.*

**КӘШЕБЕ** зат. жерг. *Сүйеніп отыратын арқалығы бар, бір-екі кісілік жеңіл шана.*

**КӘШЕК** зат. *Шөптің мал жегеннен кейін қалған қалдығы.*

**КӘШЕЛ** зат. жерг. *Пішен шабатын мәшине.*

**КӘШЕМІР** зат. сөйл. ***Кашемир.***

**КӘШКІРТ** зат. жерг. *Кішкентай орақ.*

**КӘШКҮР** [ир. کشکول] зат. *Таяқ.*

**КӘШТЕК** зат. жерг. *Ортақтасып сатып алған малды жіліктеп бөлісу.*

**КӘУІЛ** үст. ескі кіт. *Ойламаған жерде, байқаусызда.*

**КӘФАРАТ** зат. ескі кіт. *Кәпарат, күнәдан арылу, өтелу, жуылу (кінәның жуылуы, өтелуі), кешіру үдерісі.*

**КӘШАД** сын. ескі кіт. *Кең, үлкен, бос.*

**КӘШИШ** зат. ескі кіт. *Поп, шіркеу адамы, қызметкері.*

**КВАДРАНТ** [лат. quadrans (quadrantis)] зат. **1.** матем. *Центрлік бұрышы $90^0$-қа тең сектор немесе дөңгелектің төрттен бір бөлігі; екі өзара перпендикуляр (координат осьтері ретінде алынған) түзумен бөлінген жазықтықтың төрт аймағының (бұрышының) кез келген біреуі.* **2.** әск. *Артиллериялық қаруларда қолданылатын бұрышөлшеуіш құрал.* **3.** астр. *Аспан шырағының көкжиек үстіндегі биіктігін, сондай-ақ, аспан шырақтарының арасындағы бұрыштық қашықтықтарды өлшеуге арналған бұрышөлшеуіш көне астрономиялық аспап.*

**КВАДРАТ** [лат. quadratus] зат. **1.** геом. *Барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш; төрткіл, шаршы.* **2.** матем. *Санды өзіне-өзін көбейткенде шығатын көбейтінді.* **3.** геогр. *Теңдей тік төртбұрыштарға бөлінген географиялық ендік.* **4.** типогр. *Өлшемнің 48 пунктке (шамамен 18 мм) тең бірлігі (жолдың ұзындығы, терім форматы, қарпінің өлшемі, т.б.).*

**Квадрат теңдеу.** матем. *Екі дәрежелі алгебралық теңдеу.*

**КВАДРАТТА**= ет. *Санды өзіне-өзін көбейту; шаршылап өлшеу.*

**КВАДРАТТАЛ**= ет. *Санның өзіне-өзі көбейтілуі, тең төртбұрыштарға бөліну.*

**Квадратталатын аймақ.** *Белгілі бір (нақты) ауданы болатын аймақ мағынасындағы белгілі бір жазық өлшемі.*

**КВАДРАТТАЛУ** *Квадраттал етістігінің қимыл атауы.*

**КВАДРАТТАУ** *Квадратта етістігінің қимыл атауы.*

**КВАДРАТУРА** [лат. quadratura] зат. матем. **1.** *Берілген фигураға тепе-тең квадрат салу.* **2.** *Ауданды не интегралды есептеу.*

**КВАДРИЛЛИОН** [франц. quadrillion] зат. матем. *Бір және 15 нөл арқылы өрнектелетін сан, яғни $10^{15}$.*

**КВАДРУПОЛЬ** [лат. quadrum] зат. физ. *Толық электр заряды мен электрлік дипольдік моменті нөлге тең зарядталған бөлшектер жүйесі.*

**КВАДРУПОЛЬДІК** сын. *Квадрупольге тән.*

**Квадрупольдік өзара әсер.** физ. *Квадрупольдік моменті бар зарядталған бөлшектер жүйесінің өзара әсері.*

**КВАЗАРЛАР** [ағыл. quasar] зат. астр. *Квази жұлдыздық нысандар, квази жұлдыздар, асқын жұлдыздар.*

**КВАЗИ...** [лат. quasi] *Еуропа тілденірнен енген сөздердің басында келіп жалған, шынайы, шын емес деген мағынаны беретін күрделі сөздердің құрамдас бөлігі.*

**КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК** сын. саяси. *Мемлекеттік деп ресми түрде аталғанымен, мазмұны жағынан оған лайық емес, жалған мемлекеттік.*

**КВАЗИСТАТИКАЛЫҚ** сын. физ. *Шын тұрақты емес, тұрақтылығы шынайы емес.*

**Квазистатикалық процесс.** физ. *Термодинамикалық жүйенің бір тепе-тең күйден екінші (басқа) күйге шексіз баяу ауысуы.*

**КВАЛИМЕТРИЯ** [лат. qualis – сапасы қандай, грек. metron – өлшем, өлшеймін] зат. экон. *Өнім сапасын басқаруда және стандарттауда қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін қолданылатын сапаны бағалаудың сандық әдістерін біріктіретін ғылым.*

**КВАЛИФИКАЦИЯ** зат. кіт. *Біліктілік, біліктілік дәрежесі.*

**КВАЛИФИКАЦИЯЛЫҚ** сын. кіт. *Біліктілікке қатысты.*

**Квалификациялық жарыс.** спорт. *Жекелей бәсекеде алатын орындарын анықтау, ең күшті спортшыларды таңдап алу мақсатында жауапты бәсеке ретінде өткізілетін жарыстың бір түрі.*

**КВАНТ** [нем. Quant] зат. физ. **1.** *Молекулярлық, атомдық және ядролық жүйенің өзгеру барысында бөлінетін қуаттың ең аз бөлігі.* **2.** *Табиғаты дискретті (үзілісті) физикалық шаманың мүмкін болатын өзгеруінің ең кіші мөлшері (әсер, әрекет, энергия, қозғалыс мөлшері, т.б.);* **3.** *Негізгі физикалық тұрақтылардың бірі.* **4.** *Қандай да бір физикалық өрістің қасиетін тасушы бөлшек.*

**Квант өрісі.** физ. *Негізгі өзара әсерлесулерді тасымалдайтын бөлшек немесе фотон.* **Квант саны.** хим. *Кванттық жүйенің толқындық функциясының физикалық мәндерін анықтайтын рационалды сандар (негізінен, натурал сандар).*

**КВАНТОР** зат. мат. [лат. quantum] *Математикалық логиканың предикаттарын есептеуге қабылданған логикалық операторлардың жалпы атауы.*

**КВАНТТА**= ет. физ. **1.** *Кванттарға (порцияларға) бөлу;* **2.** *Қандай да бір шаманың жеке (дискретті) мәндерін белгілі бір заңға сәйкес тізбекті қатар түрінде көрсету.*

**КВАНТТАУ** *Кванта етістігінің қимыл атауы.*

**КВАНТТЫҚ** с ы н. *Квантқа тән.*

**Кванттық ауысу**. ф и з. *Кванттық жүйенің бір күйден басқа бір күйге секірмелі түрде ауысуы.* **Кванттық генератор**. ф и з. *Еріксіз сәуле шығару құбылысына негізделіп жұмыс істейтін электрмагниттік толқындардың генераторы.* **Кванттық күшейткіш**. ф и з. *Қоздырылған атомдардың, молекулалардың, иондардың еріксіз сәуле шығаруы кезінде пайда болған электрмагниттік толқындарды күшейтуге арналған құрылғы.* **Кванттық механика.** ф и з. *Микробөлшектердің және олардың жүйелерінің қозғалу заңдылықтарын анықтайтын, сондай-ақ бөлшектер мен жүйелерді сипаттайтын физикалық шамаларды макроскопиялық тәжірибеде тікелей өлшенетін шамалармен байланыстыратын теория.* **Кванттық сандар**. ф и з. *Кванттық жүйелерді жорамал бөлшектерді сипаттайтын физикалық шамалардың мүмкін мәндерін анықтайтын бүтін немесе бөлшек сандар.* **Кванттық статистика**. ф и з. *Статистикалық физиканың кванттық механика заңдарына бағынатын көп бөлшектер жүйесін зерттейтін саласы.* **Кванттық сұйықтық**. ф и з. *Қасиеті кванттық эффектілермен анықталатын сұйықтық.* **Кванттық шығым.** х и м. *Молекуланың фотохимиялық реакцияға түскен санының сіңірілген квант санына қатынасы.* **Кванттық химия**. х и м. *Қосылыстардың құрылысы мен қасиеттері кванттық механика түсініктері мен әдістері тұрғысынан қарастырылатын теориялық химияның бөлімі.* **Кванттық хромодинамика**. ф и з. *Кварктер мен глюондардың күшті өзара әсерінің кванттық өріс теориясы.* **Кванттық электрдинамика**. ф и з. *Өзара әсерлесетін электрмагниттік өрістер мен зарядталған бөлшектердің кванттық теориясы.* **Кванттық электроника**. ф и з. *Физиканың еріксіз сәуле шығаруға негізделген электрмагниттік тербелістер мен толқындарды күшейту және өндіру (қоздыру) тәсілін, сондай-ақ кванттық күшейткіштер мен генераторлардың қасиеттерін және оларды пайдалануды зерттейтін саласы.*

**КВАРКТЕР** з а т. ғ ы л. *Қазіргі көзқарас бойынша барлық адрондар құралады деп есептелетін жорамал материалдық нысандар.*

**КВАРТА** [лат. quarta] з а т. м у з. *Белгілі бір дыбыс пен келесі төртінші дыбыстың аралығы.*

**КВАРТАЛ** [лат. quartus] з а т. **1**. ***Тоқсан*** *(жылдың төрттен бір бөлігі).* **2**. *Төрт жағынан кесіп өтетін көшелерге шектелген қаланың бір бөлігі.*

**КВАРТЕТ** [итал. quartetto] з а т. м у з. **1**. *Төрт түрлі дауысқа немесе музыкалық аспапқа лайықталып жазылған шығарма.* **2.** *Төрт орындаушыдан құрылған ансамбль.*

**КВАРЦ** [нем. Quarz] з а т. х и м. *Кремнеземнің кристалл күйінде кездесетін түрі, минерал.*

**Кварц лампасы**. *Кварцты электр шамы.* **Кварц сағаты**. *Кварцты сағат.* **Кварц сәулесі**. *Медицинада емге пайдалана тын сәуле.* **Кварц шынытас**. *Табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал.*

**КВАРЦИТ** [нем. Quarzit] з а т. х и м. *Кварц түйіршіктерінен тұратын метаморфталған тау жынысы.*

**КВАРЦТА=** е т. *Ультрафиолет сәулемен заласыздандыру.*

**КВАРЦТАН=** е т. г е о л. *Таужыныстардың қосалқы процестер нәтижесінде кварцпен молығу үдерісі.*

**КВАРЦТАНУ** *Кварцтан етістігінің қимыл атауы.*

**КВАРЦТАУ** *Кварцта етістігінің қимыл атауы.*

**КВАРЦТЫ** с ы н. х и м. *Кварцтан тұратын.*

**Кварцты шыны**. х и м. *Түгелге жуық кремнеземнен тұратын жасанды шыны.*

**КВАС** з а т. т а м а қ. *Орыс, т.б. славян халықтарының ас мәзіріндегі қара нанға ашытқы салып және жеміс-жидек қоспасын ашытып даярлайтын қышқылтым сусын.*

**КВЕРШЛАГ** [нем. Querschlag] з а т. г е о л. *Жер үстімен тікелей қатынасы жоқ, жазықтық бойымен немесе көлбеу (сирек жағдайда) жүргізілген жоласты қазбасы.*

**КВИНТА** [лат. quinta] з а т. м у з. *Гаммадағы бесінші басқыш және бірінші дыбыс пен келесі бесінші дыбыстың аралығы.*

**КВИНТЕТ** [итал. quintetto] з а т. м у з. **1.** *Бес түрлі аспапқа немесе бес дауысқа арналып жазылған шығарма.* **2.** *Бес адамнан құралған ансамбль.*

**КВИНТИЛЛИОН** [франц. quintillion] з а т. м а т. *Бір және 18 нөл арқылы өрнектелетін сан, яғни $10^{18}$.*

**КВИТАНЦИЯ** [итал. quitanza] з а т. ***Түбіртек*** *(ақша я басқа нәрсені қабылдап алғаны туралы берілетін түбіртек қағаз).*

**КВИТАНЦИЯЛЫҚ** с ы н. *Түбіртек талап етілетін.*

**Квитанциялық радиоқатынас.** ә с к. *Түбіртек хабарларын талап ететін, яғни радиограмманы қабылдағаны туралы хабарды анықтайтын радиобайланыс әдісі.*

**КВИТТЕУШІ**: **квиттеуші хабар.** и н ф. *Пайдаланушыға арналған әрі сұраныстың орындалу нәтижесі туралы (бірақ нәтижесінің өзі емес) ақпараты бар жүйенің хабары.*

**КВИНТЭССЕНЦИЯ** [лат. quinta essentia] з а т. к і т. *Бір нәрсенің шынайы мәні, ішкі таза болмысы, нағыз мәнділігі; маңызы, негізі.*

**КВОРУМ** [лат. quorum] з а т. р е с м и. *Жиналыста қабылданатын шешімдердің заңды күшке ие болуы үшін қажетті акционерлер, қатысушылар санының ең аз мөлшері, яғни жеткілікті дауыс саны.*

**КВОТА** [лат. quota] з а т. э к о н. з а ң. *Үлестеме; әркімге тиесілі үлес, бөлік, норма.*

**КЕБАҒАШ** з а т. қ о л ө н е р. *Етік тігуде қолданылатын ағаштан жасалған қалып түрі, етікқалып.*

**КЕБЕ$^{1}$** з а т. ж е р г. ***Кепе*** *(қыста туған қой төлінің көктемдегі аты).*

**КЕБЕ$^{2}$** з а т. **1**. с ө й л. ***Қағба***. **2.** а у ы с. *Қасиетті жер; халық көп жиылатын орын.*

**КЕБЕ$^{3}$** з а т. ж е р г. *Қайын ене.*

**КЕБЕДЕЙ** с ы н. с ө й л. *Қағба сияқты, қасиетті жердей.*

**КЕБЕЖЕ** [ар. كجاوه] з а т. **1.** э т н. *Көбінесе ас, тағам салуға арналып ағаштан жасалған әшекейлі, оюлы, үлкен сырлы сандық (бұйым).* // *Сан есімдермен тіркесіп келіп, өлшем, мөлшер мағынасын білдіреді.* **2.** к ө н е. *Байырғы тұрмыста көшіп-қонғанда түйенің үстіне байлап қойылатын, бала-шаға, шал-кемпірлер отыратын шарбақ қоршау, қорап.* **3.** с ө й л. *Тауар поезының жүк таситын темір қорабы; шанақ.*

**Кебеже арба.** э т н. *Шанақты, қорапты арба.* **Кебеже қарын**. б е й н. *Үлкен, шермиген, шертік қарын.* // *Денелі, семіз, қарыны үлкен адам.* **Кебеже қарын, кең құрсақ.** ф о л ь к. а) *Көбінесе, мама биелердің ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейнелі баламасы.* ә) *Семіз, денелі, бай кісі туралы.* **Кебеже қарын, кең өңеш.** *Тойымсыз, жемқор, ашкөз.* **Кебеже қарын, шұбар төс [мес құрсақ].** п о э т. *Би, болыс бейнелерін жағымсыз етіп көрсеткенде қолданылған ыңсапсыз, мансапқұмар, надан адам, халықтың мұңынан жеке бас мүддесін жоғары қойған билеуші деген сөзқолданыс.* **Кебеже құрсақ.** *Қарыны үлкен, жер сызған (сиыр).* **Кебеже шана**. ж е р г. а) *Шөп таситын қанатты шана.* ә) *Бір-екі кісілік жеңіл шана.*

**КЕБЕЖЕДЕЙ** с ы н. *Үлкен, жуан; бүйрегі бұлтиған, шермиген, рабайсыз.*

**КЕБЕЖЕҚАП** з а т. э т н. *Киіз бетін түсті матадан оюлап, өрнектеп жасалған кебеженің қабы.*

**КЕБЕЖЕЛЕ=** е т. э т н. *Көшіп-қонғанда түйе үстіне байланған заттарды, әсіресе азық-түлікті кебежеге салып, орналастырып тасу, атқа міне алмайтын немесе атпен ұзақ жүре алмайтын бала-шағаны, қарттарды, ауру-сырқау адамды көш барысында алып жүру.*

**КЕБЕЖЕЛЕП** ү с т. **1**. *Кебежеге салып, кебеже-кебеже етіп.* **2**. *Көлікке теңделген кебежеге отырғызып; жайын тауып, жайлап, жұмсақтап.*

**КЕБЕЖЕЛЕУ** з а т. э т н. *Көшіп-қонғанда түйе үстіне байланған заттарды, әсіресе азық-түлікті кебежеге салып, орналастырып тасу, атқа міне алмайтын немесе атпен ұзақ жүре алмайтын бала-шағаны, қарттарды, ауру-сырқау адамды көш барысында алып жүру әдісі.*

**КЕБЕЖЕЛІ** с ы н. **1**. *Кебежесі бар, кебежесі көп;* **2**. а у ы с. *Ас-суы мол, құрт-майы, қазы-қартасы жеткілікті.*

**Кебежелі үстел**. *Азық-түлік салатыны бар кең үстел.*

**КЕБЕЖЕ-САНДЫҚ** з а т. *Кебеже де, сандық та.*

**КЕБЕЖЕСЫМАҚ** з а т. э к с п р. *Көлемі, ауқымы көңілден шығатындай болса да, кебеже сияқты, кебеже тәрізді қорап немесе қоршау.*

**КЕБЕК$^{1}$** з а т. **1**. *Ұнды елегенде, алғаш түйілген астықты ұшырғанда шығатын қауыз; ұрпақ.* **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің қалдығы, жасығы, сапасызы; қажетсізі.*

**Кебек алтын.** з а т. к е н. з е р г. *Құмды шаю жолымен алынатын қиыршық алтын.* **Кебек жалағандай**. *Аузы-басы ақтаңдақтанып кеткен, сатал-сатал.* **Кебек жұтқандай**. *Қақалып, шашалып; қылғынып.* **Кебек жұтсын!** қ а р ғ. *Хабарсыз қалсын, құрысын, көзі жоғалсын.*

**КЕБЕК$^{2}$** з а т. ж е р г. ***Кеуек***.

**КЕБЕК$^{3}$** з а т. ж е р г. ***Қандала***.

**КЕБЕКСІЗ** с ы н. *Кебегі жоқ; таза.*

**КЕБЕКТЕ$^{1}$=** е т. *Кебегін ажырату, тазарту.*

**КЕБЕКТЕ$^{2}$=** е т. ж е р г. *Кебек жасау, кеуектеу.*

**КЕБЕКТЕУ** ж е р г. *Кебекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕКТІ** с ы н. *Кебегі бар, кебегі мол.*

**КЕБЕН** з а т. ж е р г. *Бес-алты тонна болатындай үйілген шөп, мая.*

**КЕБЕНДЕ=** е т. *Маялау, шөмелелерді бір жерге үю.*

**КЕБЕНДЕЙ**: **бір кебендей**. *Бір кебен боларлық, бір кебен шамалас (шөп).*

**КЕБЕНДЕУ** *Кебенде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕНЕ** з а т. ф о л ь к. ***Кебенек***.

**КЕБЕНЕК$^{1}$** з а т. э т н. **1**. к ө н е. *Малшылардың аяздан, жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырт киімі, сулық.* **2.** *Сыртқы жамылғы, жамылтқы; бастырма.*

**Кебенек киген**. *Тірі жүрген, бұл дүниеде бар (адам).* **Кебенек киген келеді.** *Тірі болса, бір оралады [басқа түскен ауыртпалық шет жайлатқан я ұзаққа сапар шектірген азамат, ерге айтылады. «Кебенек» – көбіне жауын-шашыннан қорғану үшін құрым киізден жасалған киім; жылқышы, түйеші киген: «Кебенек кигеннен безбе, кебін кигеннен без», «кебенек киген келер, кебін киген келмес»; «ерді кебенек ішінде таны» деген нақыл сөздер осыдан шыққан].*

**КЕБЕНЕК$^{2}$** з а т. **1**. *Ешкіде ғана болатын аса қатерлі, жұқпалы ауру (індет).* **2**. қ а р а п. э к с п р. *Ешкіге айтылатын қарғыс.*

**Кебенек келгір [алғыр]**. қ а р ғ. *Кебенек ауруына ұшырағыр!* **Кебенек келсін**. қ а р ғ. *Кебенек ауруымен ауыр, кебенек індетіне ұшыра!* **Кебенек тигір [тисін]**. қ а р ғ. *Кебенек індетіне ұшырағыр, кебенек ауруымен ауырғыр.* **Кебенек тиді**. *Кебенек індетімен ауырды, кебенек ауруына ұшырады.*

**КЕБЕНЕКТЕ=** е т. *Кебенек ауруына ұшырау.*

**КЕБЕНЕКТЕУ** *Кебенекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕНТАЙ** з а т. ж е р г. ***Кебенек*** *(киім).*

**КЕБЕП$^{1}$** з а т. ж е р г. ***Кәуап***.

**КЕБЕП$^{2}$** з а т. ж е р г. *Уайым, қайғы, азап, қасірет, күйініш.*

**КЕБЕПТЕ=** е т. ж е р г. *Істікке өткізіп, шоққа қақтау; кебеп пісіру.*

**КЕБЕПТЕУ** жерг. *Кебепте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕПХАНА** зат. жерг. *Кәуап пісіретін, сататын орын, жай.*

**КЕБЕР=** ет. **1.** *Кебу, құрғау; кеберсу.* **2.** ауыс. *Қатып-сему, жас ұлғайып қаусау.*

**КЕБЕРСУ** *Кеберсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕРСІ=** ет. **1**. *Шөлдегеннен таңдайы кебу, аузы құрғау, кеберу.* **2**. *Дегду, құрғау.* **3**. *Қаңсу, әбден құрғап кету.*

**КЕБЕРСІТ=** ет. *Кептіру, құрғату.*

**КЕБЕРСІТУ** *Кеберсіт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕРУ** *Кебер етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБЕШ: кебеш шана.** жерг. *Қанатты жеңіл шана.*

**КЕБУ**[1] *Кеп етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрғау.* **2**. физ. *Заттың құрамындағы сұйықтықтың буға айналып, оның құрғақ, қатты күйге ауысуы.* **3**. физ. *Заттың сұйық не қатты агрегаттық күйінен газ тәрізді күйінде (буға) айналуы.*

**КЕБУ**[2] сын. *Кепкен, құрғақ, құ; су емес.*

**КЕБШІК** зат. сөйл. ***Кепшік.***

**КЕБІН**[1] [ар. كفن] зат. **1.** этн. *Өлген адамның дене сін орайтын ақ кездеме (мата); ақырет.* **2.** экспр. жағымсыз. *Киім.* **3**. ауыс. *Жамылғы, біркеніш.*

**Кебінге оранды.** бейн. *Қайтыс болды, қаза тапты.* **Кебін киген**. *Өлген, қайтыс болған (адам).* **Кебіні жоқ, көрі жоқ** *Өлігі айдалада көмусіз қалған.* **Кебініңді [кигір] жалмағыр.** қарғ. *Киімді салақ киетін балаға қатты ұрысқанда, біреудің бересісін бермей жүрген кісінің қиянат мінезіне күйінгенде т.б. айтылатын кейіс сөз.*

**КЕБІН**[2] зат. жерг. **1.** *Мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бәйге атының жабуы.* **2**. жерг. *Оқ дәрісінің үстіне салынатын майлы шүберек, тығын.*

**КЕБІН=** ет. **1**. *Кептірілу.* **2**. ауыс. *Ісіну, күпілдеу.*

**КЕБІНДЕ=** ет. **1**. *Кебінге орау, кебін кигізу.* **2**. *Матамен қаптау, тыстау.*

**КЕБІНДЕЙ** сын. **1**. *Кебін сияқты, кебін секілді.* **2.** ауыс. *Аппақ, құдай.*

**КЕБІНДЕЛ=** ет. **1**. *Кебінге оралу.* **2.** ауыс. *Көмілу.*

**КЕБІНДЕТ=** ет. *Кебінге орату, кебін кидіру.*

**КЕБІНДЕТУ** *Кебіндет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІНДЕУ** *Кебінде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІНДІ** сын. *Кебін оралған, кебін киген, кебіні бар.*

**КЕБІНДІК** сын. *Кебін боларлық, кебінге жарарлық.*

**КЕБІНСІЗ** сын. *Кебіні жоқ, кебінге оралмаған; ақ жауып, арулап көмілмеген.*

**КЕБІНСІЗДІК** зат. *Кебіні жоқтық, кебіні болмағандық.*

**КЕБІНУ** *Кебін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІНШЕ** үст. *Кебін тәрізді, кебін сияқты.*

**КЕБІҢКІ** сын. **1**. *Аздап кепкен, торсиып ісіңкіреген.* **2.** ауыс. *Көкірегі көтеріңкі, менмен, тәкаппар, паң.*

**КЕБІҢКІРЕ=** ет. *Аздап кебу, құрғау, дегду.*

**КЕБІҢКІРЕУ** *Кебіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІР**[1] зат. **1**. *Шөл далалардағы бетіне тұзы шығып жататын, өсімдік өспейтін сортаң жер, тақыр. // Сортаң жердің (кебірдің) борпылдақ, бос топырағы.* **2.** *Құрғақ, кебу.*

**КЕБІР**[2] зат. жерг. *Сазан балық.*

**КЕБІР=** ет. сөйл. *Құрғау, кебу.*

**КЕБІРЖУ** *Кебіржі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРЖІ=** ет. сөйл. ***Кеберсі.***

**КЕБІРЛЕ**[1]**=** ет. *Бетіне тұзы шығып сорлану, сортаңдану; тозу (жер жайында).*

**КЕБІРЛЕ**[2]**=** ет. сөйл. *Кебу, құрғау, қаңсу; кеберсу (адамның ерні, тамағы жайында).*

**КЕБІРЛЕН=** ет. *Құрғау, кебу.*

**КЕБІРЛЕНУ** *Кебірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРЛЕУ**[1] *Кебірле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРЛЕУ**[2] сын. *Аздап кебір тартқан, сортаңдау, сорлау (жер).*

**КЕБІРЛІ** сын. *Кебірленген, сортаңданған.*

**КЕБІРСУ** *Кебірсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРСІ=** ет. сөйл. ***Кеберсу.***

**КЕБІРСІТ=** ет. *Құрғату, кептіру.*

**КЕБІРСІТУ** *Кебірсіт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРТЕК** сын. **1.** *Беті қабыршықтанған, кепкен, кебірсіген, құрғаған (жер); кебіртең. // Беті қабыршақтанып қатқан қуаң жер, құрғақ дала; сор, сортаң.* **2.** ауыс. *Жентектелген, құрғақ.*

**КЕБІРТЕК** зат. сушар. *Құрамында күкіртті қосылыстары бар су.*

**КЕБІРТЕКСУ** *Кебіртексі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРТЕКСІ=** ет. *Аздап қата бастау, кебе бастау, кебіңкіреу.*

**КЕБІРТЕКТЕН=** ет. *Кебу, құрғау, дегду.*

**КЕБІРТЕКТЕНУ** *Кебіртектен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРТЕҢ** сын. **1**. *Беті қабыршақтанып қатқан, сорланған (жер, топырақ); кебіртек.* **2**. ауыс. *Қарлыққан, тамағы құрғаған, кебірсіген.*

**Кебіртең тартты**. *Құрғады, дегдіді, кебе бастады.*

**КЕБІРУ** *Кебір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІРШЕК** сын. сөйл. *Кепкен, кеберсіген, құрғақ, кебіртек.*

**КЕБІРШЕКТЕН=** ет. сөйл. *Кебіртектену; қаймақтану, кілегейлену.*

**КЕБІРШЕКТЕНУ** *Кебіршектен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕБІС** зат. этн. *Мәсінің сыртынан киюге арналып былғарыдан тігілген, кәлөш тәрізді қонышсыз аяқкиім.*

**Кебіс ауыз.** а) *Аузы үлкен, жайын ауыз.* ә) *Аузы салусыз адам.* **Кебіс басы қар**. *Кебіс басы қалыңдығындай қар, жылықтан аса ауған, тобыққа таяу, кебіс басы батарлық қар.*

**КЕБІС-АТУ** зат. жерг. ***Кебіс-мәсі.***

**КЕБІС-БАЙПАҚ** зат. сөйл. *Кебіс-мәсі, байпақ.*

**КЕБІС-МӘСІ** зат. *Кебіс пен мәсі.*

**КЕБІС-МӘСІЛІ** сын. *Кебіс-мәсісі бар.*

**КЕБІССІЗ** сын. *Кебіс кимеген, кебісі жоқ.*

**КЕБІСТЕЙ** сын. *Үлкен, қомақты.*

**КЕБІСТІ** сын. *Кебісі бар; кебіс киген.*

**КЕБІСШЕ**[1] зат. *Өкшесіз, жеңіл аяқкиім.*

**КЕБІСШЕ**[2] үст. *Кебіс тәрізді, кебіс сияқты.*

**КЕБІСШЕҢ** үст. *Кебіс киген күйде, кебіс киген қалыпта.*

**КЕГЕЖДЕН=** ет. жерг. *Қырсығу, қыңырлану.*

**КЕГЕЖДЕНУ** *Кегежден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЕЖЕ** зат. сөйл. ***Кежеге.***

**Кегеже кейін [кері] тартты**. сөйл. ***Кежегесі кейін тартты*** *(тартыншақтады).*

**КЕГЕЖЕК** зат. сөйл. *Бастың шүйде жағы, желке тұсы; кежеге.*

**КЕГЕЖЕКТЕ=** ет. *Басын қайта-қайта көтеру, артқа шалқалау, шалқаю.*

**КЕГЕЖЕКТЕС=** ет. *Тартыншақтасу, бата алмау.*

**КЕГЕЖЕКТЕСУ** *Кегежектес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЕЖЕКТЕТ=** ет. *Басын артқа шалқайту, шалқақтату.*

**КЕГЕЖЕКТЕТКІЗ=** ет. *Басын шалқайтқызу, шалқақтатқызу.*

**КЕГЕЖЕКТЕТКІЗУ** *Кегежектеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЕЖЕКТЕТУ** *Кегежектет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЕЖЕКТЕУ** *Кегежекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЕЖУ**: **кегежу тартты**. сөйл. *Кежегесі кейін тартты.*

**КЕГЕЙ**[1] зат. **1.** *Арба, велосипед доңғалағының күпшегі мен табан қимасының аралығындағы тіреу; шабақ.* **2.** ауыс. *Бәрі бірдей, самаладай ер-азамат, қол, әскер.*

**Кегейі жеті қарыс.** *Шабақтары (арба доңғелегінің) ұзын, доңғелегі үлкен.*

**КЕГЕЙ**[2] сын. жерг. *Қисық, қисық-қыңыр.*

**КЕГЕР** зат. **1.** зоол. *Кішірек келген, сұр түсті сүңгуір үйрек.* **2.** ауыс. *Сұр, сұрғылт.*

**КЕГЖЕК** зат. сөйл. ***Кегжең.***

**КЕГЖЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Кегжеңде.***

**КЕГЖЕКТЕУ** *Кегжекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЖЕҢ** ел. *Бастың шалқақтап, артқа шалқайтқандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Басын кегжең еткізді**. *Басын оқыс көтеріп алды, шалқақтады.*

**КЕГЖЕҢДЕ=** ет. *Басын қайта-қайта шалқайту, кегжең-кегжең ету.*

**КЕГЖЕҢДЕТ=** ет. *Басын әлсін-әлсін, жоғары-төмен қозғалтты.*

**КЕГЖЕҢДЕТКІЗ=** ет. *Басын кегжең-кегжең еткізу, шалқақтатқызу.*

**КЕГЖЕҢДЕТКІЗУ** *Кегжеңдеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЖЕҢДЕТУ** *Кегжеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЖЕҢДЕУ** *Кегжеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕГЖЕҢ-КЕГЖЕҢ** ел. *Бастың, иектің шалқақтап, артқа шалқайғандағы немесе соған ұқсас қайталанған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Басын [иегін] кегжең-кегжең еткізді**. *Басын жоғары-төмен қозғалтып, ішінен тығылып сөйледі, жылады немесе біреуді жақтырмағандық қимыл ишаратын білдірді.*

**КЕГЛИ** [нем. Kegel] зат. спорт. *Қатысушылар жолдың үстімен ағаш шарды домалатып белгілі бір арақашықтықта рет-ретімен тұрған ағаш мүсін-кеглиге, әлгі шарды тигізіп құлатуды мақсат еткен қимыл-қозғалысты ойын.*

**КЕГЛЬ** [нем. Kegel] зат. полигр. *Баспахана қаріптерінің үлкен-кішілігінің мөлшері.*

**КЕГІР** зат. жерг. *Қасқалдақтың балапаны.*

**КЕДЕЙ** [ир. گدای] сын. **1.** *Хал-тұрмысы нашар, мал-мүлкі, ішіп-жемі кем, жетіспейтін (адам, ауыл, халық, ел, т.б.).* **2.** *Жұтаң, жетімсіз, аз; бай емес, тапшы. // Киер киімі, ішер тамағы жетіспейтін, күнкөрісі қиын шаруа; жарлы-жақыбай. //* қоғ.-әлеум. *Байларға қарама-қарсы қойылатын, тұрмыстық хал-ахуалы төмен әлеуметтік топ, соның өкілі.*

**Кедейдікі көзеде**. *Кедейдің байлығы тамағынан артылмайды, қоры жоқ, бары – табағындағы ішер асы.* **Кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды.** *Кедейді иектеген қырсық қалмайды, кедей сорды қоса табады.* **Кедейдің жеті қаңтаруы бар.** *Кедейге келер жеті қырсық бар.* **Кедейдің керінен сақта.** көне. *Кедейдің керіліп-созылғанына, кербезденуіне не жорық.*

**КЕДЕЙ-КЕМБАҒАЛ** зат. *Жоқ-жітік, жарлы, кемтар, жарымжан.*

**КЕДЕЙ-КЕПШІК** зат. *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.*

**КЕДЕЙЛЕ=** ет. сөйл. *Кедей болу, кедейлену.*

**КЕДЕЙЛЕН=** ет. **1.** *Әл-ауқаты төмендеу, тұрмысы нашарлау, жоқшылыққа ұшырау, жарлылану.* **2.** ауыс. *Жұтау, жұтаң тарту, жұпынылану; азаю.*

**КЕДЕЙЛЕНДІР=** ет. **1.** *Жоқшылыққа ұшырату, жарлыландыру.* **2.** *Жұтаңдату, таяздату.*

**КЕДЕЙЛЕНДІРУ** кіт. *Кедейлендір етістігінің қимыл атауы; жоқшылыққа, тапшылыққа ұшырату.*

**КЕДЕЙЛЕНУ** *Кедейлен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДЕЙЛЕНІҢКІРЕ=** ет. *Аздап кедейлену, кедей тарту.*

**КЕДЕЙЛЕРШЕ** ү с т. *Кедейлер сияқты, шақтап.*

**КЕДЕЙЛЕТ=** е т. к і т. *Кедейлікке, кемдікке ұшырату.*

**КЕДЕЙЛЕТУ** *Кедейлет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДЕЙЛЕУ**[1] *Кедейле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДЕЙЛЕУ**[2] с ы н. *Жарлылау, жоқ-жітіктеу.*

**КЕДЕЙЛІК** з а т. **1.** *Кедей болушылық, жарлылық.* **2.** ә л е у м. *Жеке адамның, отбасының немесе әлеуметтік топтың қажетті игіліктер құнын өзі төлей алмайтын экономикалық жағдайы, яғни өзінің өмірлік қажеттерін қамтамасыз етуге жағдайының жетіспеуі немесе негізгі тұрмыстық қажеттерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің жоқтығы.* **3.** а у ы с. *Жұтаңдық, жұпынылық, аздық, тапшылық. // Жұтаң, тапшы, жұпыны.*

**Кедейлік шегі.** э к о н. -ә л е у м. *Адамның ең төмен деңгейдегі қажетін қанағаттандыратын табыс шегі.*

**КЕДЕЙСУ** *Кедейсі етістігінің қимыл атауы; кедей сияқты көрінуге тырысу.*

**КЕДЕЙСІ=** е т. *Өзін-өзі кедей етіп көрсету, кедей болғансу.*

**КЕДЕЙСІН=** е т. *Кедей санау, кедей деп менсінбеу.*

**КЕДЕЙСІНУ** *Кедейсін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДЕЙШЕ** ү с т. *Кедей сияқты, кедей тәрізді; шақтап, шамалап, өз әлінше.*

**КЕДЕЙШІЛ** с ы н. *Кедейдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы; кедейді жақтаушы.*

**КЕДЕЙШІЛДЕУ** с ы н. *Аздап кедейшіл, аз да болса да кедейге бүйрегін бұрушы.*

**КЕДЕЙШІЛДІК** с ы н. с ө й л. ***Кедейшіл.***

**КЕДЕЙШІЛІК** з а т. *Кедей болушылық, жарлылық; жоқшылық, тапшылық, жетіспеушілік.*

**КЕДЕН**[1] з а т. э к о н - с а я с и. *Шетелге апара жатқан немесе шетелден алып келе жатқан заттарды, тауарларды тексеретін, байқап өткізетін орын, мекеме.*

**Кеден аумағы.** э к о н. *Мемлекеттің құрлық аумағы, ішкі сулары, олардың үстіндегі әуе кеңестігі, сондай-ақ жасанды аралдары, осы мемлекеттің айрықша заңы, хукімі белгіленген қондырғылар мен ғимараттар.* **Кеден бажы**. э к о н. *Белгілі бір елдің кеден органдары өзінің кеден аумағына тауарлар әкелінгенде немесе осы аумақтан тауар әкетілгенде алатын және осындай әкелім мен әкетімнің ажырағысыз шарты болып табылатын міндетті жарна.* **Кеден бақылауы**. э к о н. *Елдің кеден ісі жөніндегі заңнамасының және халықаралық шарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары қабылдайтын шаралар жиынтығы.* **Кеден брокері [делдалы]**. э к о н. *Мемлекеттің заңына сәйкес құрылған, орталық кеден органының кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған және өз штатында елдің орталық кеден органының кедендік ресімдеу жөніндегі біліктілік аттестатын алған заңды тұлға.* **Кеден жеңілдіктері**. э к о н. *Кеден төлемдерінен босатушылық [мұндай босатуға белгіленген орыннан басқа жерде немесе кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс мерзімде сақталғаны, рәсімделгені үшін төлемдер жатпайды].* **Кеден келісімшарты**. қ ұ қ ы қ. *Кеден ісіне қатысты, көпжақты мемлекетаралық келісім.* **Кеден құқығы**. з а ң. *Кеден органдарының мемлекеттік шекараны экономикалық қорғау және мемлекеттің сыртқы сауда мен кеден саясатын жүзеге асыру жөніндегі қызметін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.* **Кеден мағлұмдамасы [деклорациясы]**. з а ң. *Мағлұмдаушының кеден шегкарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы, олардың кеден режімдері туралы дәл мәліметтерді белгіленген нысанда мәлімдеуі.* **Кеден одағы**. з а ң. *Үшінші бір елдерден әкелінетін немесе әкетілетін тауарларға қатысты бірыңғай кеден тарифі қолданылатын екі немесе одан көп елдің ортақ кеден аумағы.* **Кеден режімі [тәртіптемесі]**. з а ң. *Кеден шегарасы арқылы өткізілетін тауар мен көлік құралдарының мәртебесін айқындайтын ережелердің жиынтығы.* **Кеден ресімдемелері**. з а ң. *Елдің кеден шегарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын алып өтетін адамның орындауы қажет рәсімдер.* **Кеден саясаты**. с а я с и. *Мемлекет кеден бақылауы құралдарын негұрлым тиімді пайдалану, кеден шегарасы ішіндегі тауар айырбасын реттеу үшін, ұлттық экономиканың дамуын ынталандыру үшін жүзеге асыратын шаралар кешені.* **Кеден тарифтері.** э к о н. *Белгілі бір елдің кеден шегарасынан өткізілетін тауарларға қолданылатын кеден баждары мөлшерлемелерінің жиынтығы.* **Кеден шегарасы.** з а ң. *Бірыңғай кеден заңнамасы қолданылатын және сыртқы сауданың бірыңғай статистикалық есебі жүргізілетін аумақ шегарасы.*

**КЕДЕН**[2] з а т. к ө н е. *Ұрыс-керіс, қақтығыс, соқтығыс; қиындық.*

**Кеден – кеден болды, кедергі [кеден] неден болды.** *«Қиындықтың түп төркіні неде» деген мағынада қолданылады.*

**КЕДЕНДІК** с ы н. э к о н. *Кеденге тән, кеден ісіне қатысты.*

**Кедендік аумақ.** з а ң. *Тауарлар әкелімі мен әкетілімінің бірыңғай тәртібі қолданылатын аумақ.* **Кедендік барьер.** *Шет мемлекеттен тауар әкелетін, таситын адамға, жолаушыға шегарада кездесетін қиындықтар.* **Кедендік қатынас.** э к о н. *Кедендердің өзара бірлескен байланысы.* **Кедендік құқық.** з а ң. *Кеден органдарының мемлекеттік шегараны экономикалық тұрғыдан қорғау, мемлекеттің сыртқы сауда және кеден саясатын жүзеге асыру жөніндегі қызметін тәртіптейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.* **Кедендік құн.** э к о н. *Тауарларға баж алымын салу; сыртқы экономикалық және кедендік статистикасы, т.б. мақсатында айқындалып, пайдаланылатын тауар құны.*

**КЕДЕНШІ** з а т. *Кеденде қызмет істейтін адам, қызметкер.*

**КЕДЕРГІ**[1] з а т. **1.** *Бөгет, тосқауыл.* **2.** ә с к. *Бір нәрсенің бөгетсіз өтіп кетуіне, жау шабуылына кесір келтіретін құрылыс, жолға көлденеңінен қойылған зат.* **3.** с п о р т. *Секіріп өту үшін спортшылардың жолына арнайы қойылған бөгесін зат.* **4.** ф и з. *Жылдамдықты (қозғалысты) тежейтін әртүрлі қарсы күш, физикалық дене.* **5.** а у ы с. *Қиыншылық, қиындық, ауыртпалық.* **6.** а у ы с. *Кесір, зиян, кесел; қырсық.*

**Кедергі берді**. ж е р г. *Кедергі жасады.* **Кедергі болды**. *Жолына көлденең тұрды, бөгет болды, кесір жасады, зияны тиді.* **Кедергі болу.** *Бөгет болу, жолына тұру.* **Кедергіден қорғану.** ә с к. *Әртүрлі кедергілер әсер еткен кезде радиоэлектронды қабылдағыш қондырғыларының өз қызметін сапалы орындауға қабілеттілігі.* **Кедергі етті.** *Бөгет жасады, кесір келтірді.* **Кедергі жасады.** *Бөгет етті, зияны тиді.* **Кедергі келтірді.** *Бөгет жасады, кесір келтірді, зиянын тигізді.* **Кедергілер алабы.** с п о р т. *Туризм әдістерін қаншалықты меңгергендікті көрсететін команданың бірқатар кедергілерден өту жарысы.* **Кедергілерден өту.** с п о р т. *Ат спортында жарыстың әрбір қатысушысы бірнеше түрліше кедергілерден (6-дан 18-ге дейін) өтуге тиісті ат спортының өте кең тараған түрлерінің бірі.* **Кедергімен жүгіру.** с п о р т. *Бір-бірлерінен арақашықтықтары біркелкі жерге қойылған жеңілатлетикалық кедергі тосқауылдардан жүгіріп өту.*

**КЕДЕРГІ**[2] з а т. ф и з. *Әрбір өткізгіштің (заттың) электр өткізгіштігіне кері шамасы.*

**КЕДЕРГІЛІ** с ы н. *Кедергісі бар, тосқауылды, бөгетті.*

**Кедергілі қашықтық**. с п о р т. *Жүгіруде, жүруде жолындағы түрлі тосқауылы бар қашықтық.*

**КЕДЕРГІЛІК** з а т. *Кедергі болатын нәрсе, тосқауыл, бөгет болушылық.*

**КЕДЕРГІСІЗ** с ы н. *Бөгетсіз, тосқауылсыз, қиындықсыз.*

**КЕДЕРГІСІЗДІК** з а т. *Кедергінің жоқтығы; бөгетсіздік.*

**КЕДР** з а т. ***Самырсын*** *(Сібірде өсетін, қылқан жапырақты, мәңгі жасыл ағаш).*

**КЕДІ** з а т. ж е р г. ***Асқабақ.***

**КЕДІР** с ы н. *Бұдыр-бұдыр, тегіс емес.*

**Кедір арба**. ж е р г. *Төрт дөңгелекті, қанатты үлкен арба.*

**КЕДІР-БҰДЫР** с ы н. **1.** *Ойлы-қырлы, ойшұқырлы; ойқыш-ойқыш. // Ой-шұқыр; ой-қыр.* **2.** *Бұдыр-бұдыр, бұжыр-бұжыр; тегіс емес.* **3.** а у ы с. *Бұрылыс-бұлтарысы, бұралаңы көп; даңғыл емес (өмір жолы).* **4.** а у ы с. *Артық-кемі көп, кемшілігі, олқылығы мол; піспеген, шала.* **5.** а у ы с. *Келіспей жатқан, қиыспай, ұйқаспай тұрған; жатық емес.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛА=** е т. *Кедір-бұдыр ету, бұдырлау.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛАН=** е т. *Ойлы-қырлы, ойқыш-ойқыш болу.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛАНУ** *Кедір-бұдырлан етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛАУ**[1] *Кедір-бұдырла етістігінің қимыл атауы.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛАУ**[2] с ы н. *Аздап бұдыр-бұдыр, сәл ғана бұжыр.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛЫ** с ы н. *Ой-шұқырлы, ойлы-қырлы, тегіс емес.*

**КЕДІР-БҰДЫРЛЫҚ** з а т. **1.** *Ойлы-қырлылық, ойқыш-ойқыштық; тегіс еместік.* **2.** а у ы с. *Қиыспай, келіспей жатқандық, шорқақтық; жатық еместік.*

**КЕДІР-БҰДЫРСЫЗ** с ы н. **1.** *Ешбір бұдыры жоқ, теп-тегіс.* **2.** а у ы с. *Бұлтарыс-қалтарысы, бұралаңы жоқ; даңғыл.* **3.** а у ы с. *Қиындықсыз.* **4.** а у ы с. *Кемістігі, олқылығы жоқ; әдемі, жатық.*

**КЕЖ** з а т. ж е р г. *Қиқар, қыңыр, қырсық, қасарыспа.*

**КЕЖДЕН=** е т. ж е р г. **1.** *Қиқарлану, қырсығу, ерегісу; қасарысу.* **2.** а у ы с. *Сіресу, қатпарлану.*

**КЕЖДЕНУ** *Кеждеп етістігінің қимыл атауы; қырсықтану, қиқарлану, кесірлену.*

**КЕЖДІК** з а т. ж е р г. *Қыңырлық, қиқарлық, қырсықтық.*

**КЕЖЕ=** е т. ж е р г. *Жанды жеріне тие сөйлеу; кекету, мұқату, қағыту.*

**КЕЖЕГЕ** з а т. *Бастың желке жағы; шүйде, қарағұс, мойын.*

**Кежегең кесілгір!** қ а р ғ ы с. *Желкең қиылғыр.* **Кежегесі кейін [кері] кетті.** *Мойны жар бермеді, ерінді.* **Кежегесі кейін [кері] тартты.** а) *Жалқауланды, ерінді, еш нәрсе істегісі келмеді.* ә) *Тартыншақтады, тартынды.* **Кежегесі кейін тартты [кетті].** *Жалқауланды, ерінді, ештеме істегісі келмеді.*

**КЕЖЕГЕЙ** з а т. ж е р г. ***Кезең.***

**КЕЖЕГЕЛЕ=** е т. ж е р г. *Кегжендеу; шегіншектеу, тартыншақтау.*

**КЕЖЕГЕЛЕУ** ж е р г. *Кежегеле етістігінің қимыл атауы; шегіншектеу, тайсақтау.*

**КЕЖЕК** з а т. **1.** *Үйректің еркегі.* **2.** *Айдар, кекіл.*

**КЕЖЕКДАР** з а т. ж е р г. ***Кежек*** *(үйректің еркегі).*

**КЕЖЕК-КЕЖЕК** с ы н. ж е р г. *Бұйра-бұйра.*

**КЕЖЕН=** е т. ж е р г. *Кезену, оқталу.*

**КЕЖЕНЕЙ** з а т. с ө й л. *Қазан төңкерісіне дейінгі әрбір түтінге салынатын салық.*

**КЕЖЕСІНДЕ** ү с т. ж е р г. *Кезінде, уақытында.*

**КЕЖЕУІЛ** з а т. ж е р г. *Күзет, қарауыл, шолғын.*

**Кежеуіл салды**. *Қарауылдады, шолды; торуылдады.*

**КЕЖЕУІЛДЕ**= ет. *Шолу, торуылдау, қарауылдау.*

**КЕЖЕУІЛДЕУ** *Кежеуілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖЕУІЛШІ** зат. *Шолғыншы, қарауылдаушы, торушы.*

**КЕЖУІЛ** зат. сөйл. ***Кежеуіл.***

**Кежуіл салу.** этн. *Кежеуілге шыққан адамның айналаны қарап торуылдауы, шолуы.*

**КЕЖУІЛШІ** зат. этн. *Жылқы күзетіне шолуға, кежеуілге шыққан адам.*

**КЕЖІЛДЕ**= ет. экспр. *Керісу, ұрысу, айғайлау.*

**КЕЖІЛДЕС**=ет. экспр. *Ұрсысу, керілдесу, айғайласу.*

**КЕЖІЛДЕСУ** *Кежілдес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІЛДЕУ** *Кежілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІМ**[1] зат. көне. этн. **1.** *Кестелеп, оюлап жасаған әдемі ат жабу.* **2.** *Жорық атының металдан жасалған қорғаныстық сауыты, атсауыт.*

**Кежім сауыт.** этн. *Атсауыт, жорық атының металдан жасалған берік қорғаныс жамылғысы.*

**КЕЖІМ**[2]: **кежім теру.** этн. қолөнер. *Бұқар теру, беті тегіс тоқылып, астыңғы жағында өрнекке қатыспаған жіптері бос қалдырылатын алаша тоқудың бір тәсілі.*

**КЕЖІМДЕ**= ет. *Кежім жабу; жабулап сәндеу.*

**КЕЖІМДЕЛ**= ет. **1.** *Кежім жабылу.* **2.** *Матамен жабылу.*

**КЕЖІМДЕЛУ** *Кежімдел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІМДЕТ**= ет. *Жабулату, кежіммен әшекейлету.*

**КЕЖІМДЕТУ**ет. *Кежімдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІМДЕУ** *Кежімде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІМДІ** сын. *Кежім жабылған, кежімі бар.*

**КЕЖІР** сын. **1.** *Қыңыр, қисық, қияс, тоңмойын.* // экспр. кейіс. *Оңбаған.* **2.** *Қайсар, қайтпас, бірбет.* **3.** *Жалқау, еріншек.* // *Жалқаулық, еріншектік.*

**КЕЖІРЕЙ**= ет. **1.** *Иегі көтеріліп, басы артына қарай кету; кегжию.* **2.** *Қыңыраю, қиястану.*

**КЕЖІРЕЙТ**=ет. *Басын кегжиту, кекірейту.*

**КЕЖІРЕЙТУ** *Кежірейт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІРЕЮ** *Кежірей етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІРЛЕН**= ет. **1.** *Қыңыраю, қиястану.* **2.** *Тартыншақтану.*

**КЕЖІРЛЕНУ** *Кежірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЖІРЛЕУ** сын. *Қыңырлау, қиқарлау, бірмойындау.*

**КЕЖІРЛІК** зат. *Қыңырлық, қиястық, тоңмойындық.*

**КЕЗ**[1] зат. *Мезгіл, мерзім, уақыт, шақ.*

**Кез ашылар бар ма?** *Құтылатын күн бола ма, қашан құтылады.* **Кез [кезі] болды**. а) *Уақыт келді, мезгіл жетті.* ә) *Тап болды, кездесті, кезікті, жолықты.* **Кез етті**. *Кез қылды, кездестірді.* **Кез жетті**. *Уақыт болды.* **Кез келген**. а) *Кім болса сол, кім көрінген; әрбір.* ә) *Қай, қайсы.* **Кез келді**. а) *Уақыт келді, мезгіл жетті.* ә) *Кезікті, кездесті.* б) *Жолықты, тап болды, душарласты.* **Кезі келді [келгенде].** а) *Мезгілі келді, уақыты туды.* ә) *Ыңғайы (реті, орайы) келді, сәті түсті, жөні болды.* **Кез келтірді.** *Кездестірді, ұшырастырды.* **Кез қылды**. *Кездестірді, жолықтырды, тап қылды.* **Кезі келді.** *Сәті түсті, реті болды.* **Кезі [уақыты, мезгілі] жетті.** *Уақыты келді, мезгілі болды.* **Кезін берді**. *Сәтін түсірді, орайын келтірді.*

**КЕЗ**[2] зат. **1.** көне. *Шамамен 70 – 80 см-ге (дәлірек айтқанда 71, 12 см-ге) тең ұзындық өлшемі; аршын.* **2.** сөйл. *Метр.* **3.** *Ұзындығы бір метрге тең ағаштан жасалған өлшемдік құрал.*

**КЕЗ**[3] зат. көне. **1.** *Садақ оғының ойыс (ашаланып) келген түбі, серіппеге ілінер жері.* **2.** *Түйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс жер.*

**Кез қоспақ**. жерг. *Екі өркешінің арасында болар-болмас айырылысқан жігі бар нар мен айыр түйеден туған будан.* **Кез өркеш**. жерг. *Өркешінің алдыңғы жағында шамалы кертпеші болатын, бура мен аруанадан туған нардың жақсы түрі.*

**КЕЗ**= ет. **1.** *Аралау, шарлау, қыдыру.* **2.** ауыс. *Ой жүгірту, қиялдану.*

**Кезіп кетті**. *Аралады, шарлады.*

**КЕЗАУЫЗ** сын. **1.** *Үлкен ауыз.* **2.** ауыс. *Кең, терең арналы (өзен).*

**КЕЗБАС** сын. *Өш, араз, қас.*

**КЕЗБАСТАУ** сын. *Араздау, өштеу.*

**Кезбастау болып жүр**. *Дұрдараздау, іш араздау болып жүр.*

**КЕЗБЕ**[1] сын. **1.** *Ел аралаушы, қаңғыбас.* **2.** *Қыдырымпаз.*

**Кезбе бұлт.** *Желдің айдауымен көшіп жүретін бұлт.*

**КЕЗБЕ**[2] зат. этн. *Қазақ дәстүрінде «кезбе жесең кезіп кетесің» деп ырымдап жемейтін кәрі жіліктің айдарбасындағы ұсақ сіңір.*

**Кезбе өзен.** сушар. *Көшпелі өзен, орны мен арнасын немесе ағыс бағытын үнемі өзгертіп отыратын өзен.*

**КЕЗБЕЛЕ**= ет. *Кезіп кету, шарлау, тінту.*

**КЕЗБЕЛЕН**= ет. *Кезбе болу, қаңғыру, кезіп кету.*

**КЕЗБЕЛЕНУ** *Кезбелен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗБЕЛЕУ** *Кезбеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗБЕЛІ** сын. *Кезіп жүретін, көшпелі.*

**КЕЗБЕЛІК** зат. **1.** *Кезіп кетушілік, қыдырымпаздық.* **2.** *Қаңғыбастық, үйсіз-күйсіз тентіреушілік.*

**КЕЗБЕШІЛ** сын. *Қыдырымпаз, қыдыруға жаны құмар.*

**КЕЗБЕШІЛІК** зат. сөйл. ***Кезбелік.***

**КЕЗГЕК** сын. *Кезіп жүретін, кезбе.*

**КЕЗГІЛЕ**= ет. *Кезу, аралау, қыдыру.*

**КЕЗГІЛЕУ** *Кезгіле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗГІШ** сын. *Кезіп жүргіш, кезгек; қыдырымпаз.*

**КЕЗГІШТЕ**= ет. *Ары-бері кезу, аралау.*

**КЕЗГІШТЕУ**[1] *Кезгіште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗГІШТЕУ**[2] сын. *Қыдырымпаздау, аралап қыдырғанды ұнататын.*

**КЕЗГІШТІК** зат. *Кезіп жүрушілік, қыдырымпаздық.*

**КЕЗДЕ**= ет. *Матаны кезбен өлшеу, кезге салу, метрлеу.*

**КЕЗДЕЙ**[1] сын. *Сан есімдермен тіркесіп келіп, «кез шамасында», «кез мөлшерінде» деген тәрізді мағына береді (тұғызады).*

**КЕЗДЕЙ**[2]: **кездей келді [болды].** көне. *Кездесті, жолықты, ұшырасты.*

**КЕЗДЕЙ**[3] сын. *Кез сияқты, бір метрге жуық.*

**Кездей шоқпар.** *Ұзындығы жарты құлаш тай шоқпар.*

**КЕЗДЕЙСОҚ** үст. **1.** *Күтпеген, ойламаған жерден, аяқ астынан; кенет.* **2.** *Тектен-тек, жайдан-жай, құрдан-құр, бекерден-бекер.* **3.** *Әншейін, әлдеқалай.* **4.** *Қабілетсіз, білімсіз, икемсіз.* **5.** *Абайсызда, аңдаусызда, байқалмай.*

**Кездейсоқ қателер.** мат. *Өлшеу нәтижесін біресе арттырып, біресе кеміте отыратын, түпкі тегі беймәлім кездейсоқ себептерден пайда болатын қателер.* **Кездейсоқ шама**. мат. *Ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарының бірі.*

**КЕЗДЕЙСОҚТА** үст. сөйл. *Күтпеген жерден, кенеттен.*

**КЕЗДЕЙСОҚТАУ** үст. *Ойламаған жерден, кенет.*

**КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ** зат. **1.** *Күтпеген, ойламаған жерде болған нәрсе (уақиға, іс, әрекет, т. б.).* **2.** *Жайдан-жай, тектен-тек, бекер болған іс, оқиға т.б.* **3.** филос. *Қажеттілікке қарама-қарсы философиялық ұғым (категория).*

**КЕЗДЕМЕ** зат. *Мата, бұл.*

**КЕЗДЕМЕЛІК** сын. *Кездемеге тән; кездеме сатып алуға арналған.*

**КЕЗДЕН**= ет. көне. *Кезу, аралау, шарлау.*

**КЕЗДЕНУ** *Кезден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗДЕС**= ет. **1.** *Кезігу, ұшырасу, жолығу.* **2.** *Тап болу, ұшырасу, душар болу.*

**КЕЗДЕСКЕНШЕ** үст. *Жолыққанша, кезіккенше, ұшырасқанша.*

**КЕЗДЕСКІШ** сын. *Кезіккіш, жолыққыш.*

**КЕЗДЕСТІР**= ет. **1.** *Адамдарды бір-біріне жолықтыру.* **2.** *Кезіктіру, жолықтыру, ұшырату.* **3.** *Душар ету, тап қылу.*

**КЕЗДЕСТІРУ** *Кездестір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗДЕСУ** *Кездес етістігінің қимыл атауы; жолығу, ұшырату.*

**КЕЗДЕСУ** зат. **1.** *Көпшілікпен бас қосып, әңгіме, естелік айту т.с.с. арнайы ұйымдастырылған шара, кеш.* **2.** спорт. *Командалар, ойыншылар арасында болатын жарыс, бәсеке, айқас.*

**Кездесу кеші.** *Белгілі ақын, жазушы, қайраткер сияқты дара тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына арналған жиын.* **Кездесу шебі**. әск. а) *Бір-біріне қарама-қарсы бағытта шабуылдаушы өз әскерлерінің екі тобының түйісуі болжанатын немесе түйісуі болған шартты желі.* ә) *Қарама-қарсы ұрыс (шайқас) барысында екі жақ әскерлерінің түйісулері болжанатын немесе болған жергілікті жер алқабы.*

**КЕЗДЕТ**= ет. *Өлшету, кездеп өлшету.*

**КЕЗДЕТУ** *Кездет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗДЕУ** *Кезде етістігінің қимыл атауы; кездеп өлшеу, метрлеп өлшеу.*

**КЕЗДІК**[1] зат. *Мүйізбен сапталған, қынға салып алып жүретін кішкентай пышақ.*

**Кездік бойы алсындау**. *Шапқан жерге қайта шыққан, шөптің кездік бойы өсіп қалуы.*

**КЕЗДІК**[2] сын. этн. *Кез боларлық, кезге тең, халықтық өлшем.*

**КЕЗДІК**[3]: **қида кездік**. жерг. *Қыңыр, қисық.*

**КЕЗДІК**= ет. жерг. *Кезігу, ұшырасу.*

**КЕЗДІКТЕЙ** сын. *Жіп-жіңішке, өткір.*

**КЕЗДІКТІ** сын. *Кездігі бар, кездік ілінген.*

**КЕЗДІКШЕ** үст. *Кездік сияқты, кездік тәрізді.*

**КЕЗДІР**= ет. *Жүргізу, серуендету, аралату.*

**КЕЗДІРТ**= ет. *Жүргіздіру, аралаттыру.*

**КЕЗДІРТУ** *Кездірт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗДІРУ** *Кездір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕ**= ет. *Қолындағы қаруын бір нәрсеге қарай оңтайлау, оқтау; көздеу.*

**КЕЗЕ** зат. жерг. *Кезінде, уақытында.*

**КЕЗЕГЕН**[1] сын. *Кезіп кеткіш, кезбе, қыдырымпаз; қаңғыбас.*

**Кезеген аяқ.** *Кезбе, қыдырымпаз.* **Кезеген торғай.** зоол. *Тұрқы 150–180 мм, салмағы 19–25 г. сарғылт немесе жылтыр қара түсті торғай (жыл құсы).*

**КЕЗЕГЕН**[2] зат. анат. *Адамның, малдың толарсақ сүйегі.*

**КЕЗЕГЕНДІК** зат. *Кезбелік, қыдырымпаздық, қаңғыбастық.*

**КЕЗЕК** зат. **1.** *Бір нәрсенің реті, жөні, орайы.* **2.** *Бір нәрсе алу үшін, бір жерге кіру үшін, тәртіппен бірінен соң бірі тұрған адамдар тізбегі.* **3.** *Жұмыс уақытының алмасып келу тәртібі (жүйесі), ауысым.* // *Бірінен кейін бірі, алма-кезек.*

**Кезегі келді [келгенде].** *Сәті түсті, орайы келді.* **Кезегін алды**. *Жолын алды; істі я сөзді бастау науқетін алды.* **Кезек берді.** *Жол берді; айту я істеу кезегін берді.* **Кезек бермеді.** *Сөйлей берді, тоқтамады; ешкімге мүмкіндік бермеді.*

**Кезек дүние.** *Бірқалыпта тұрмай, алма-кезек ауысып отыратын өмір.* **Кезек келді.** *Реті, орайы, сәті келді.* **Кезек күтті.** *Ретін тосты.* **Кезек күттірмейтін**. к і т . *Бірінші кезектегі, шұғыл (іс, жұмыс).* **Кезек күтуші.** *Кезекте тұрған адам.* **Кезек тимеді.** *Ұзақ күтті.* **Кезекпен сүт немесе май беру.** э т н . *Байырғы қазақ қоғамында ауыл жақсыларының ақылдасуымен мүлдем малы жоқтарға уақытша берілетін азық-түлік жәрдемі, демеушілік көмектің бір түрі.* **Кезектен тыс**. к і т . *Алдын ала жоспарланбаған, кезексіз.*

**КЕЗЕКЕЙ** з а т . ж е р г . ***Кәзекей*** *(сырткиім астынан киетін шолақ жеңді кеудеше).*

**КЕЗЕК-КЕЗЕК** ү с т . *Бірінен кейін бірі, алма-кезек.*

**КЕЗЕКПЕ-КЕЗЕК** ү с т . *Бірінен кейін бірі, кезек-кезек.*

**КЕЗЕКПЕЛЕ=** е т . ж е р г . *Алма-кезектеу.*

**КЕЗЕКСІЗ** с ы н . *Кезегі келмей-ақ, ретін күтпей-ақ.*

**КЕЗЕКСІЗДІК** з а т . *Кезегі жоқтық, кезегі болмаушылық.*

**КЕЗЕКТЕ** ү с т . *Осыдан кейін, алда, келесі ретте.*

**КЕЗЕКТЕГІ** с ы н . к і т . *Кезекте тұрған, келесі реттегі; кезегімен келген.*

**КЕЗЕКТЕМЕ** з а т . *Кезек, рет, тәртіп.*

**КЕЗЕКТЕП** ү с т . *Бірінен кейін бірін, рет-ретімен.*

**КЕЗЕКТЕС** з а т . *Кезегі, ауысымы келгенде біреудің орнына жұмыс істейтін адам, кезектесіп істеуші.*

**Кезектес салалас**. л и н г в . *Істің, оқиғаның кезектесіп болғанын білдіретін салалас құрмалас сөйлем.*

**КЕЗЕКТЕС=** е т . *Ауысу, алмасу, бірінің орнын бірі басу.*

**КЕЗЕКТЕСТІР=** е т . *Ауыстыру, алмастыру.*

**КЕЗЕКТЕСТІРУ** *Кезектестір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕКТЕСТІРІЛ** = е т . *Ауыстырылу, алмастырылу.*

**КЕЗЕКТЕСТІРІЛУ** *Кезектестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕКТЕСУ** *Кезектес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕКТІ** с ы н . **1.** *Келесі, алдағы; кезекте тұрған.* **2.** *Кезек-кезек, бірінен кейін бірі.*

**Кезекті еңбек демалысы.** р е с м и . *Тынығу үшін жылына бір рет уақытша жұмыстан босатылатын мерзім.* **Кезекті міндет.** ә с к . *Шабуылдағы бөлімшенің, бөлімнің таяудағы міндеттерінен кейін орындалатын жауынгерлік міндетінің бөлігі.* **Кезекті ұйқас**. ә д е б . *Бір жол аттап барып ұйқасатын өлең үндестігі (тәсілі).*

**КЕЗЕКТІК**: **кезектік әдіс.** э к о н . *Нысаналардың фирма орналасқан жерден едәуір қашық болғанда қолданылатын жұмысты ұйымдастыру тәсілі.*

**КЕЗЕКШІ** з а т . <франц. de jour> **1.** *Белгілі бір жерде (мекемеде, әскери бөлімшеде, ауруханада) тиісті тәртіпті бақылаушы, кезекшілік міндетін атқарушы адам.* **2.** п е д . *Сынып тазалығы мен тәртібін сақтау үшін әр күн сайын тағайындалатын (белгіленетін) оқушы.* **3.** с ө й л . *Ауысып орнына істейтін адам; кезектесі.*

**Кезекші бөлім.** ә с к . *Әскери бөлімнің тәуліктік нарядының (гарнизондық нарядтың) құрамына кіретін бөлім (взвод, рота және басқа).*

**КЕЗЕКШІЛІК** з а т . *Кезекші болушылық, өз кезегін өтеушілік.*

**КЕЗЕКШІШЕ** ү с т . *Кезекші тәрізді, кезекші секілді.*

**КЕЗЕЛ=** е т . *Оқталу, бағытталу, көзделу.*

**КЕЗЕЛЕС** з а т . ж е р г . *Шығын, шығасы.*

**КЕЗЕЛУ** *Кезел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕН=** е т . **1.** *Оқталу, көздеу.* **2.** *Бір нәрсені істеуге немесе айтуға оқталу, оңтайлану, ыңғайлану.*

**КЕЗЕНДІ** з а т . ж е р г . *Жүргінші, кезбе; ұры-қары.*

**КЕЗЕНДІР=** е т . *Ыңғайландыру, оңтайландыру.*

**КЕЗЕНДІРУ** *Кезендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕНЕЙЛІ** с ы н . к ө н е . *Уақыты келген, мезгілі жеткен.*

**КЕЗЕНУ** *Кезен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕНІС=** е т . *Оқталысу, көздесу.*

**КЕЗЕНІСУ** *Кезеніс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕҢ**[1] з а т . <грек. periodos> **1.** *Кез, уақыт, мезгіл. // Сәт, бір мезет.* **2.** т а р . *Тарихи дәуір, заман.* **3.** *Даму процесінің белгілі бір сатысы.*

**Кезең шығыстары.** э к о н . *Тауар-материалдық босалқы қорлар қалдықтарына жатқызылмайтын операциялық шығындар.* **Кезеңі келді**. *Реті келді, сәті түсті.*

**КЕЗЕҢ**[2] з а т . **1.** *Тау жотасындағы екі жағы түйетайлы болып келген аласа жер. // Дөңес, биік; түйетайлы.* **2.** а у ы с . *Асар асу, биік белес; қиындық, сыналар шақ.*

**Кезеңге шықты**. *Жасы 45-тен асты, ақыл тоқтатты, кемелдікке бет алды.*

**КЕЗЕҢ**[3] з а т . с п о р т . <франц.etape> *Жоспар бойынша жүріп өткен (немесе көлікпен) өтуге тиіс жолдың бір бөлігі.*

**КЕЗЕҢАРАЛЫҚ** з а т . б и о л . <лат. cellula interphatica, cellula – жасуша, inter – аралық, phatica – кезең> *Митоздық бөліну кезеңдерінің аралығындағы жасушаның өсіп-жетілуі мен тіршілік жағдайына керекті заттармен қорлануы және келесі бөліну кезеңіне дайындалу мерзімі.*

**КЕЗЕҢДІ** с ы н . **1.** *Кезеңі бар, белесті.* **2.** а у ы с . *Ыңғайлы, қолайлы, сәтті.* **3.** а у ы с . *Ұрымтал, ұрма; қалтарыс, таса.* **4.** а у ы с . *Қиыншылығы, азабы мол, қауіп-қатерлі. // Қыныстау, қысылтаяң, тар.*

**Кезеңді жау**. *Ежелден көз тіккен, аңдысқан дұшпан.*

**КЕЗЕҢДІК** с ы н . *Өткінші, өтпелі, бір кезеңге ғана тән.*

**Кезеңдік бақылау.** с п о р т . *Спортшының дайындығын кезең бойынша анықтау және оған баға беру негізінде қарастырылған кезең мен оның соңындағы нәтижесіне талдау жасау, баға беру.*

**КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢ** с ы н . *Бірнеше кезең, белес-белес.*

**КЕЗЕҢСІЗ** с ы н . *Кезеңі жоқ, кезең болмайтын, асусыз.*

**КЕЗЕҢШЕ** з а т . *Кішкене кезең.*

**КЕЗЕП** [ар. كاذب] з а т . **1.** *Қу, сұм, сұмырай, екіжүзді, алаяқ; көззап.* **2.** а у ы с . *Ұры, қарақшы.*

**КЕЗЕП: кезеп алу**. *Еркек малды пішкен соң пышақ уытынан ауырсыну, жыныс мүшесінің ісінуі.*

**КЕЗЕПТЕН=** е т . *Екіжүзділену, сұмырайлану, алаяқтану.*

**КЕЗЕПТЕНУ** *Кезептен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕПТІК** з а т . *Сұмдық, сұмырайлық, алаяқтық.*

**КЕЗЕР=** е т . *Шөлдегендіктен еріннің кебуі; құрғау, тобарсу.*

**КЕЗЕРТ=** е т . *Ернін жарылту, құрғату, тобарсыту.*

**КЕЗЕРТУ** *Кезерт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕРУ** *Кезер етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕРІҢКІ** с ы н . *Аздап кезерген, тобарсыған; құрғақ.*

**КЕЗЕС=** е т . *Оқталысу, бағытталысу, қару кезенісу.*

**КЕЗЕСУ** *Кезес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕТ=** е т . *Көздету, оқтату, кезендіру.*

**КЕЗЕТ**[1] з а т . *Су жырған жер, жырашық. // Ойық, кем-кетік; тегіс емес жер.*

**КЕЗЕТ**[2] з а т . с ө й л . ***Кез***[1]***.***

**КЕЗЕТУ** *Кезет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕУ** *Кезе етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗЕУЛІ** с ы н . **1.** *Кезелген, атуға даяр тұрған.* **2.** а у ы с . *Көздеген, көңілге алған; мақсатты.*

**КЕЗЕУРІНДІ** ж е р г . *Тегеурінді, қуатты.*

**КЕЗ-КЕЗ** с ы н . *Бірнеше кезге тең ұзын, созылған.*

**Кез-кез айдар.** *Үлкен тарам-тарам шаш.*

**КЕЗ-КЕЗДЕ** ү с т . ж е р г . *Кей уақытта, кей кезде.*

**КЕЗ-КЕЗІМЕН** ү с т . *Кезегімен, рет-ретімен.*

**КЕЗҚҰЙРЫҚ** з а т . з о о л . <лат. milvus migrans> *Ұсақ жәндіктермен, өлекселермен қоректенетін, тұрқы 70 см-дей, құйрығының ұшы екі айырық, қара қоңыр түсті, сұңқартәрізділер отряды қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**Кезқұйрықты лашын деп.** м ы с қ ы л . *Бұл жерде «жабыны тұлпар деп, қорқақты батыр деп, жаманды жақсы деп» деген мағынада.*

**КЕЗҚҰЙРЫҚТЫ: кезқұйрықты субүркіт**. з о о л . <лат. haliaeetus leucoryphus> *Сұңқар тәрізділер отряды қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

**КЕЗМАЛ** з а т . ж е р г . *Кездеме, мата.*

**КЕЗНАР** з а т . т ү й е ш а р . *Лөк пен маядан туған будан, түйе тұқымы.*

**КЕЗНЕС=** е т . к ө н е . *Қымсыну, қысылу, қызару.*

**КЕЗНЕСУ** *Кезнес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗУ** *Кез етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қыдыру, ел аралау, шарлау.* **2.** а у ы с . *Болжау, оймен дүниені шарлау.*

**КЕЗУШІ** з а т . **1.** *Ел аралаушы, шарлаушы.* **2.** *Әскер қосының алдында жүретін оқшау бір бөлігі.*

**КЕЗУІЛ** з а т . *Кезушілік, жортуыл.*

**КЕЗУІЛДЕ=** е т . *Кезу, аралау, шарлау.*

**КЕЗУІЛДЕУ** *Кезуілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗУІЛШІ** з а т . *Барлаушы, шолғыншы.*

**Кезуілші топ.** ә с к . *Жорық алдында барлау міндетін атқарған, ежелгі түркі тайпалары әскерлерінің алдыңғы тобы.*

**КЕЗІГУ** *Кезік етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЗІК=** е т . **1.** *Қарсы жолығу, кез болу. // Оңаша жерде жолығысу, кездесу.* **2.** *Ұшырасу, тап болу.*

**КЕЗІК** з а т . м е д . <грек. typhos> *Ұзаққа созылатын ауру; сүзек.*

**Кезік болғандай.** *Сүзектен тұрғандай.*

**КЕЗІКТІР=** ет. **1.** *Жолықтыру, біреумен кездестір.* **2.** *Ұшырату, біреуді кездестіру.*

**КЕЗІКТІРУ** *Кезіктір етістігінің қимыл атауы; кездестіру, жолықтыру.*

**КЕЗІН** с ы н . ж е р г . *Масыл, жалқау.*

**КЕЗІНДЕ** ү с т . **1.** *Уақтысында, уағында, өз мезгілінде.* **2.** *Бұрын, ертеректе.*

**КЕЙ** е с і м . *Кейбір, қайбір, қайсыбір.*

**Кей кезде [кез].** *Кей уақытта, кейде.* **Кей мезгілде**. *Кей кезде, кей уақытта.* **Кей сәт [сәтте].** *Қайсыбір кез, кей уақыт.* **Кей уақыт [уақытта, уақта].** *Қайсыбір кезде, кейде.* **Кей шақта [шақ].** *Кей кезде, кей уақытта.*

**КЕЙБІР** е с і м . *Қайсыбір, қайбір, кей; бірлі жарым. //Кейбіреу, қайсыбіреу.*

**Кейбір кезде [кез].** *Кей уақытта, қайсыбір шақта.* **Кейбір сәтте**. *Кейде, кей уақытта.* **Кейбір уақытта [мезгілде].** *Кейде, қайсыбір кезде.* **Кейбір шақта [шақ].** *Қайсыбір кезде, кей уақытта.*

**КЕЙБІРЕУ** е с і м . **1.** *Қайсыбіреу, қайбіреу; кейбір (адам).* **2.** *Бірлі-жарым, бірен-саран.*

**КЕЙБІРЕУШЕ** ү с т . *Кейбір адамша.*

**КЕЙДЕ** ү с т . **1.** *Кей уақытта, кей кезде.* **2.** *Оқта-текте, анда-санда.*

**КЕЙ-КЕЙДЕ** ү с т . **1.** *Кейде, кей кезде.* **2.** *Анда-санда, оқта-текте.*

**КЕЙКЕҢ**[1] з а т . *Қайқаң; биіктеу жер, белең.*

**КЕЙКЕҢ**[2] е л і к . *Басын оқыс, шалт кегжең еткізгенді, бұрғанды бейнелейтін сөз.*

**Кейкең еткізді**. *Басын кегжитті, кейкеңдетті.*

**КЕЙКЕҢДЕ=** е т . **1.** *Кегжию, кейкию.* **2.** *Қырсығу, кергу.*

**КЕЙКЕҢДЕУ** *Кейкеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙКИ**= ет. **1.** *Басын жоғары көтеріп, кекшию, кегжию, шалқаю.* **2.** ауыс. *Менсінбеу, көзге ілмеу.*

**КЕЙКИТ**= ет. *Басын кегжиту, кекшиту.*

**КЕЙКИТУ** *Кейкит етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙКИЮ** *Кейки етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙКУ** зат. жерг. *Айла-шарғы, амал.*

**КЕЙКІ** сын. *Таңқы, қайқы, кертпеш.*

**Кейкі мұрын.** *Таңқы мұрын.*

**КЕЙКІШ** сын. *Қайқы, таңқылау.*

**КЕЙКІЛЕУ** сын. *Таңқылау, қайқылау.*

**КЕЙҚУАТ** сын. жерг. *Кейкі, таңқы, пұшық.*

**КЕЙҚҰДА** зат. жерг. *Көрген-білгені көп, сұңғыла кісі.*

**КЕЙНСШІЛДІК** зат. экон. *Экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу қажеттігін жақтайтын экономикалық саясат.*

**КЕЙПЕ** зат. жерг. *Сырты сыланған қамыс күрке, лашық.*

**КЕЙПЕТ** зат. *Келбет, түр-түсі, кескін, бет-әлпет.*

**КЕЙСІ** ес. жерг. *Кей, кейбір.*

**КЕЙУАНА** сын. **1.** *Кәрі, қарт.* **2.** ауыс. *Мейірлі, шапағатты; кеңпейіл, ақниет. // Жасы ұлғайған, ақыл тоқтатқан кеңпейіл, ақниет әйел; қарт ана.*

**КЕЙУАНАЛЫҚ** зат. **1.** *Кәрілік, карттық, қартайғандық.* **2.** ауыс. *Ақылдылық, даналық; парасаттылық.*

**КЕЙУАНАСУ** *Кейуанасы етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙУАНАСЫ**= ет. *Жасы ұлкенсу; қамқорсу.*

**КЕЙІ**= ет. **1.** *Ренжу, қынжылу, налу.* **2.** *Өкіну, опыну.*

**КЕЙІГЕНДІК** зат. *Ренжігендік, күйінгендік, налығандық.*

**КЕЙІГЕНСУ** *Кейігенсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІГЕНСІ**= ет. *Ренжіген болу, налығансу, қынжылғансу.*

**КЕЙІГІШ** сын. *Әр нәрсеге бір ренжи беретін, налығыш.*

**КЕЙІГІШТІК** зат. *Ренжігіштік, налығыштық, ашуланшақтық.*

**КЕЙІМПАЗ** сын. сөйл. *Ренжігіш, налығыш, кейігіш.*

**КЕЙІМПАЗДАН**= ет. сөйл. *Кею, ренжу, налу.*

**КЕЙІМПАЗДАНУ** *Кейімпаздан етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІН** үст. **1.** *Соңғы кезде, бертінде.* **2.** *Соңынан, кейіннен.* **3.** *Соңыра, тағы бірде.* **4.** *Келешек, болашақ.* **5.** *Артта, арт жақта.* **6.** *Артқа таман.* **7.** *Артқа қарай, кері; қайта.* **8.** ауыс. *Жаман, нашар, төмен.* **9.** ауыс. *Кем, осал.*

**Кейінге қалдырды.** *Соңыра істемек болды, күнін жылжытты, алдағы уақытқа ысырды.* **Кейінге қалдырылды.** *Кейінге шегерілді, ысырылды.* **Кейін келе**. *Артынан, соңынан.* **Кейін шегінді**. *Кері тартты, айтқанға көнбей қыңырланды, артқа тартты.*

**КЕЙІН** шыл. *Бір істің, бір нәрсенің (біреудің) артынан, соңынан; соң, белгілі бір уақыт, мерзім өткен соң, дегенді білдіретін негізгі сөздің табыс септікте тұруын талап ететін көмекші сөз.*

**КЕЙІНГІ** үст. **1.** *Бір нәрседен соңғы (содан соңғы), артқы.* **2.** *Бергі. // Соңғы оқиға, кейінгі іс.* **3.** *Соңғы, ақырғы.* **4.** *Соңғы, осы кездегі (уақыт).* **5.** *Арт, арт жақ; алдыңғы жақ емес.* **6.** *Артқы, арт жақтағы, соңғы; алдыңғы емес. // Кейінде келе жатқандар, артта қалғандар.* **7.** *Қазіргі заманғы, соңғы кездегі (жас ұрпақ, буын). // Артқы буын, жас ұрпақ.*

**Кейінгі пешка.** спорт. *Шахмат партиясында қатар тұрған басқа пешкалардан кейін орналасып қалып қойған пешка.*

**КЕЙІНДЕ**= ет. **1.** *Соңғы жағында, артта қалу, ілгері озбау.* **2.** ауыс. *Өз қатарынан қалып қою, топқа ілесе алмау.*

**Кейіндей берді**. а) *Біртіндеп артта қалды; ілесе алмады.* ә) *Шегінді, артқа қарай жүрді.*

**КЕЙІНДЕ** үст. **1.** *Артта, кейінгі жақта (кеңістік жағынан).* **2.** *Соңында, ақырғы жағында (уақыт жағынан).* **3.** *Бертінде; соңғы кезде.*

**Кейінде қалды.** а) *Артта, арт жақта қалды (кеңістік жағынан).* ә) *Талай уақыт өтті; артта қалды (уақыт жағынан).*

**КЕЙІНДЕП** үст. **1.** *Артта, арт жақта, артын ала.* **2.** ауыс. *Өз қатарынан қалып, кешеуілдеп.*

**Кейіндеп қалды**. а) *Артта, соңында қалды.* ә) ауыс. *Өз теңдестерінен кейін қалып қойды, қатарға ілесе алмады.*

**КЕЙІНДЕТ**= ет. **1.** *Артқа жылжыту, артқа қозғау.* **2.** *Артта қалдыру.*

**КЕЙІНДЕТУ** *Кейіндет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІНДЕУ**[1] *Кейінде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІНДЕУ**[2] үст. **1.** *Сәл кейін, артқа таман, артқарақ (кеңістік жағынан).* **2.** *Кейінгі кезде, соңғы уақытта, бертінде; кейіннен (уақыт жағынан).* **3.** ауыс. *Кейінгі орында, сәл ғана артта.* **4.** ауыс. *Кем, төмен; кейінгі кезекте.*

**КЕЙІНДІ**: **кейінді ықпал**. лингв. *Кейінгі дыбыстың ықпалымен алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа ұқсап өзгеруі; регрессивтік ассимиляция.*

**КЕЙІННЕН** үст. *Кейінгі уақытта, соңғы кезде, соңынан.*

**КЕЙІНШЕКТЕ**= ет. **1.** *Кейін шегіну, артымен жүру, шегіншектеу.* **2.** ауыс. *Тартыну, кібіртіктеу, кешеуілдеу; қаймығу.*

**КЕЙІНШЕКТЕУ** *Кейіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІНІРЕК** үст. **1.** *Кейіннен, соңынан.* **2.** *Біраз уақыт өткеннен кейін, сәл кештеу.* **3.** *Соңғы кезде, бертінде.* **4.** *Тағы бірде, соңыра.* **5.** *Артта, арт жақта.* **6.** *Соңын ала, артқа таман.* **7.** *Артқа, арт жаққа қарай; сәл кейін.*

**КЕЙІНІРЕКТЕ** үст. **1.** *Кейінгі кезде, бертінде.* **2.** *Артта, арт жақта.*

**КЕЙІНІРЕКТЕУ** үст. *Сәл кейіндеу, артқа таман.*

**КЕЙІҢКІРЕ**= ет. *Сәл кею, ренжіңкіреу.*

**КЕЙІҢКІРЕУ** *Кейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІП** зат. **1.** *Кескін, түр, тұрпат, пішін, бет-әлпет.* **2.** *Өң, түс.* **3.** сөйл. *Мүсін.* **4.** әдеб. *Бейне, образ, кейіпкер.* **5.** жағымсыз. *Сиқы, сықпыты.*

**Кейпі бұзылды.** *Ренжігені білінді, өңі қашты.* **Кейпі кетті [қашты].** *Өңі бұзылды, түрі қашты.* **Кейпін киді**. сөйл. ***Кебін киді.*** **Кейпіне енді.** *Қалпына келді, дағдылы түрін сақтады.*

**КЕЙІПКЕР** зат. әдеб. <лат. persona> *Көркем шығармада сипатталатын оқиғаға қатысушы адам, қаһарман, іс-әрекет иесі.*

**КЕЙІПКЕРЖАНДЫЛЫҚ** зат. өнер. *Әртістің өз рөлін ерекше түсіне білу, өз кейіпкерінің ішкі дүниесін жете танып, көрерменге ойыны арқылы кейіпкерінің образын жеткізе білу қабілеті, ерекше шеберлігі.*

**КЕЙІП-КЕСКІН** зат. *Бет-әлпет, түр-тұрпат, пішін, келбет; бейне.*

**КЕЙІПКЕРСЫНДЫЛЫҚ** зат. өнер. *Әртістің рөлін сомдап отырған кейіпкерінің жан-дүниесі мен болмыс-бітіміне толық еніп, көрерменге өзін сол кейіпкер сынды қабылдата алу шеберлігі.*

**КЕЙІПСІЗ** сын. **1.** *Кескінсіз, келбетсіз, түр-тұрпаты нашар.* **2.** *Бозарған, өңсіз.* **3.** *Қатыгез, сұсты.*

**КЕЙІПСІЗДЕН**= ет. **1.** *Кескіні кету, құты қашу; түр-түлғасы нашарлану.* **2.** *Сүреңсіздену, алакөлеңкелену, қарауыту.*

**КЕЙІПСІЗДЕНДІР**= ет. *Үсқынын қашыру, сиықсыздандыру, түрін бұзу.*

**КЕЙІПСІЗДЕНДІРУ** *Кейіпсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІПСІЗДЕНУ** *Кейіпсізден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІПСІЗДЕУ** сын. *Келбетсіздеу, кескінсіздеу, түр-тұрпаты нашарлау.*

**КЕЙІПСІЗДІК** зат. *Кескінсіздік, келбетсіздік, түр-тұрпаты нашарлық.*

**КЕЙІПТЕ**= ет. әдеб. *Сипаттау, бейнелеу, суреттеу.*

**КЕЙІПТЕЛ**= ет. *Бейнелену, суреттелу, сипатталу, кескінделу.*

**КЕЙІПТЕЛУ** *Кейіптел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІПТЕН**= ет. *Белгілі бір кейіпке түсу, түр-тұрпатын өзгерту, кейіп таныту.*

**КЕЙІПТЕНУ** *Кейіптен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЙІПТЕС** сын. *Кескіндес, келбеттес, пішіндес, тұрпаттас, пішіні, нобайы бірдей.*

**КЕЙІПТЕУ** **1.** *Кейіпте етістігінің қимыл атауы; бейнелеу.* **2.** әдеб. *Жанды-жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіре суреттейтін көркемдік тәсіл.*

**КЕЙІПТЕУЛІК** зат. *Бейнелеуіштік.*

**КЕЙІПТЕУШІ** зат. *Кескін-келбетін бейнелеуші, суреттеуші.*

**КЕЙІПТЕУШІЛІК** зат. *Суреттеушілік, бейнелеушілік.*

**КЕЙІПТІ** сын. *Тұрпатты, пішінді, сиықты.*

**КЕЙІС** зат. **1.** *Реніш, күйініш, қапа; кейігендік.* **2.** *Өкініш.*

**Кейіс білдірді.** *Ренжіді, кейіді.* **Кейіс көрді**. *Бір нәрсеге кейіді, ренжіді.* **Кейіс қылды.** *Налыды, ренжіді, кейіді.* **Кейіс тапты**. *Ренжіді, кейіді; көңілі жабырқады.*

**КЕЙІС**= ет. *Ренжісу, налысу, күйінісу.*

**КЕЙІССІЗ** сын. *Ренішсіз; кейімей-ақ.*

**КЕЙІССІЗДІК** зат. *Ренішсіздік, кейісі жоқтық.*

**КЕЙІСТЕЙ** үст. *Реніштей, наладай.*

**КЕЙІСТЕУ** сын. *Аздап кейіген, налыған, реніштілеу.*

**КЕЙІСТІ** сын. *Кейіген, реніштi.*

**КЕЙІСТІК** зат. *Кейігендік, реніш; риза болмағандық, қапа болушылық.*

**Кейістік білдірді [танытты].** *Кейіді, ренжіді.* **Кейістік көрді.** *Бір нәрседен ренжіді, кейіді.*

**КЕЙІСУ** *Кейіс етістігінің қимыл атауы; ренжісу.*

**КЕЙІТ**= ет. **1.** *Ренжіту, налыту.* **2.** *Ызаландыру, күйіндіру.*

**КЕЙІТУ** *Кейіт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕК**[1] зат. **1.** *Біреуге, жауға, дұшпанға т. б. деген өшпенділік, өштік, қастық.* **2.** ауыс. *Ар, намыс.*

**Кегі кетті**. *Кегін қайтара алмады; өші кетті.* **Кегі қайтты.** *Кегін жібермеді, өшін алды.* **Кегін алды [әперді].** а) *Кеткен есесін қайтарды, егеспен алып берді, намысын жібермеді.* ә) *Кектенді, кек тұтты.* б) *Көңілге ауыр алды, дық алды, ренжіді.* **Кегін жоқтады.** *Намысын қорғады, кегін қайтарды.* **Кегін жібермеді.** *Өшін қайтарды; есесін жібермеді.* **Кегін кектеді.** *Кегін қуды, намысын қорғады.* **Кегін қайтарды**. *Өшін алды; есесін жібермеді.* **Кек алды.** *Өшін қайтарды, есесін жібермеді.* **Кек алу.** *Өш алу, кеткен есесін қайтару.* **Кек әперді.** *Өшін қайтарды.* **Кек дауылы.** поэт. *Ашу-ыза.* **Кек кернеді [қайнады].** *Қаһарына мінді, тісін қайрады, кек қысты, өштенді, ыза кернеді, кектенді.* **Кек кернеуі.** *Ашу, ыза.* **Кек көрді [көрмеді].** *Кек тұтты, көңіліне дық алды, өштесті.* **Кек қайнады.** *Ашу қысты, ыза кернеді.* **Кек қайтару**. <франц. revanche, revachisme> саяси. а) *Соғыста жеңілген мемлекеттегі саяси топтардың соғысқа дейінгі мемлекетаралық қатынастар жүйесі мен бұрынғы шекараларды қалпына келтіруді сылтау ете отырып, жеңген мемлекетке қарсы соғыс ашу мақсатында жүргізетін саяси іс-қимылдары.* ә) *Белгілі бір мемлекеттің саяси жүйесін құлату немесе әлсірету, экономикасына нұқсан келтіру, халқына психологиялық, моральдік зардап шектіру мақсатында қарақшылық іс-әрекет жасаған лаңкес топтарға қарсы бағытталған соққы қабылдаушы мемлекеттің жоспарлы соғыс*

*саясаты.* **Кек қуды**. *Кегін алуға ұмтылды, өш алудың соңына түсті.* **Кек қылды**. *Кектенді, кек көрді, кек тұтты; ашуланды, ызаланды.* **Кек сақтады.** *Біреудің қылмысын, қиянатын кешіре алмады, өш алуды ойлады.* **Кек сақтау.** *Реніштін үнемі көңілінде сақтап жүру.* **Кек тұтты**. *Көңіліне алды, ішіне түйді, кектенді.* **Кек тұту.** *Кектену, кек сақтау.*

**КЕК**[2] з а т. к е н. <ағыл. cake> *Гидрометаллургияда сүзілген қойыртпақтан қалатын қатты қалдық.*

**КЕКЕ**= е т. *Қағыту, кекету, мұқату; шенеу, мінеу.*

**КЕКЕК** з а т. ө с. *Жоңышқаға ұқсас, бірақ жапырақтары ірілеу биіктігі 50-60 см-дей, қалың бұтақты, сырты боз, түкті шөп, жай оты [жылқылар тым көп жеп, артынан су ішсе, жүруге шамасы келмей, аузынан сілекей ағып, жығылады, кекек жеген жылқының жүнінің түсі өзгеріп кетеді, сондықтан ұрылар ұрланған жылқыға кекек беріп, түсін өзгертіп алады деген деректер бар, осы себепті кей өңірлерде оны жай оты, ал жеген жылқыға байланысты «жай отын жеген» деп атаған].*

**КЕКЕКТЕ**= е т. **1.** *Кегжеңдеу, кекең-кекең ету.* **2.** а у ы с. *Кекең-кекең ету, қылжақтау, бөлдену.*

**КЕКЕКТЕУ** *Кекекте етістігінің қимыл атауы; кекең-кекең ету, бөлдену.*

**КЕКЕКТІ** с ы н. *Кекек өскен, кекек қаумалаған.*

**КЕКЕКШІЛ** с ы н. *Кекшіл.*

**КЕКЕҢ**[1] с ы н. *Басы шалқақ; кекірейген, кегжиген.*

**КЕКЕҢ**[2] е л і к. *Бір нәрсеге шамырқанғанда, шамданғанда жақтырмағанын білдіріп, басын кегжите шалқайып кекек еткізгенін бейнелейтін сөз.*

**Кекең қақты**. *Кекең-кекең етті; кекірейді, кердеңдеді.*

**КЕКЕҢДЕ**= е т. **1.** *Кекең-кекең ету, кекектеу.* **2.** а у ы с. *Кеудесін керу, тұмсығын көтеру, кекірею, кекию.*

**КЕКЕҢДЕТ**= *Кекектету, кегжиту.*

**КЕКЕҢДЕТУ** *Кекеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕҢДЕУ** *Кекеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕҢ-КЕКЕҢ** е л і к. *Қайта-қайта кекең-дегенді бейнелейтін сөз.*

**Кекең-кекең етті**. *Кекектеді, кекеңдеді.*

**КЕКЕҢКІРЕ**= е т. *Қағытып, мұқатыңқырау, мұқата түсу.*

**КЕКЕҢКІРЕУ** *Кекеңкіре етістігінің қимыл атауы; кекете, мұқата түсу.*

**КЕКЕҢ-СЕКЕҢ** з а т. *Кекеңдеп, секеңдеп бос жүрушілік; жеңілтектік.*

**КЕКЕП-МҰҚА**= е т. *Кекету, мұқату, қағыту, шенеу.*

**КЕКЕП-МҰҚАУ** *Кекеп-мұқа етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕС**= е т. *Кекетісу, мұқатысу.*

**КЕКЕСУ** *Кекес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕСІН** з а т. <грек. eiróneia> **1.** ә д е б. *Сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, бірақ оған қарама-қайшы мағына беру, сөйтіп, ойды жеңіл әзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту тәсілі.* **2.** *Кекетіп-мұқатқандық, білдірмей, тигізіп айтушылық.*

**КЕКЕСІНДЕП** ү с т. *Келекелеп, мысқылдап, қағытып, келемеждеп.*

**КЕКЕСІНДЕУ** с ы н. *Аздап кекесінді, әжуа, мысқылы аралас.*

**КЕКЕСІНДІ** с ы н. *Мысқыл, мазағы аралас; кекеген.*

**КЕКЕСІНСІЗ** с ы н. *Кекесіні жоқ; ешбір мысқылсыз, әжуасыз.*

**КЕКЕСІНШІЛ** с ы н. *Кекеп-мұқағыш, мысқылшыл.*

**КЕКЕТ**= е т. *Мұқату, қағыту, мысқылдау; келемеждеу, мазақтау.*

**КЕКЕТЕ-МҰҚАТА** ү с т. *Кекетіп, мұқатып, қағытып.*

**КЕКЕТКЕНДІК** з а т. *Кекетушілік, мұқатушылық, сөзбен шалып қағытқандық.*

**КЕКЕТКІШ** с ы н. *Кекете бергіш, мұқатқыш, сөзбен шалып қағытқыш.*

**КЕКЕТКІШТІК** з а т. *Мұқатқыштық, қағытушылық.*

**КЕКЕТПЕ** з а т. *Мысқыл сөз, қағытпа сөз, кекетушілік.*

**КЕКЕТТІР**= е т. *Мұқаттыру, мысқылдату, келекелету.*

**КЕКЕТУ** *Кекет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕТУШІ** з а т. *Кекеткен, мұқатқан адам.*

**КЕКЕТУШІЛІК** з а т. *Кекеткендік, мұқатқандық.*

**КЕКЕТІНДІ** с ы н. *Кекеткен, мұқатқан; кекетпе; мысқыл, қағытпа (сөз).*

**КЕКЕТІҢКІРЕ**= е т. *Аздап кекету, мұқатыңқырау, сөзбен қағытыңқырау.*

**КЕКЕТІҢКІРЕУ** *Кекетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕТІП-МҰҚАТ**= е т. *Кекету, мұқату, іліп-қағу, қағыту.*

**КЕКЕТІП-МҰҚАТУ** *Кекетіп-мұқат етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕТІП-МҰҚАТЫП** ү с т. *Іліп-қағып, кемітіп, кемсітіп.*

**КЕКЕТІС**= е т. *Мұқатысу, сөзбен қағысу.*

**КЕКЕТІСУ** *Кекетіс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕУ** *Кеке етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕУ** з а т. *Кекегендік, мұқатқандық, кеміткендік; кекетпе, әжуа.*

**КЕКЕШ** с ы н. *Кей дыбыстарды дұрыс айта алмайтын, тұрып, тұтығып қалатын, тұтықпа. // Кей дыбыстарды дұрыс айта алмайтын адам; тілі мүкіс, сөйлеу мүшелері жақсы жетілмеген кісі.*

**КЕКЕШТЕН**= е т. *Кей дыбыстарды дұрыс айта алмау, тұрып қалу, тілі күрмелу, тұтығу.*

**КЕКЕШТЕНДІР**= е т. *Мүдірту, күрмелдіру.*

**КЕКЕШТЕНДІРУ** *Кекештендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕШТЕНУ** *Кекештен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЕШТЕУ** с ы н. *Аздап кекештенетін, кейбір сөздерді дұрыс айта алмайтын, тұтықпалау.*

**КЕКЕШТІК** з а т. <лат. balbuties> **1.** *Кейбір дыбыстарды дұрыс айта алмаушылық, тұтықпалық.* **2.** м е д. *Жеке дыбыстар мен сөз буындарын айтқанда ерікcіз тілі күрмеліп, мүдіретін, көбінесе кішкентай кезде қатты қорыққаннан пайда болатын немесе туа біткен сөйлеу әрекетінің кемістігі, тұтықпа.*

**КЕКЖЕК** е л і к. с ө й л. ***Кегжең***[2].

**КЕКЖЕКТЕ**= е т. с ө й л. ***Кегжеңде***.

**КЕКЖЕКТЕУ** *Кекжекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЖЕҢ** е л і к. ***Кегжең*** *(басын оқыс көтеріп алып, артқа қарай сілкіп қалғанды бейнелейтін сөз).*

**КЕКЖЕҢДЕ**= е т. с ө й л. ***Кегжеңде*** *(басын кекжең-кекжең еткізу, артқа қарай анда-санда сілкіп тастау).*

**КЕКЖЕҢДЕТ**= е т. с ө й л. ***Кегжеңдет*** *(басын кегжең еткізу, шұлғу; кекшиту).*

**КЕКЖЕҢДЕТУ** *Кегжеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЖЕҢДЕУ** *Кекжеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЖЕҢ-КЕКЖЕҢ** е л і к. *Қайта-қайта кегжеңдегенді бейнелейтін сөз.*

**Кекжең-кекжең етті**. с ө й л. ***Кегжең-кегжең етті*** *(басын жиі кекжеңдетті).*

**КЕКЖИ**= е т. с ө й л. **1.** ***Кегжи*** *(басы шалқайып, иегі көтеріліп қалу, кекию).* **2.** а у ы с. *Тұмсығын көкке көтеру, орынсыз шалқаю; кекірею, кекшию.* **3.** а у ы с. *Жүргісі келмеу.*

**КЕКЖИЕ-КЕКЖИЕ** ү с т. с ө й л. *Кегжие-кегжие, артқа қарай шалқая-шалқая; әбден кекжиіп.*

**КЕКЖИТ**= е т. с ө й л. ***Кегжит*** *(басын шалқайтып кекшиту, кекиту).*

**КЕКЖИТУ** *Кекжит етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЖИТІҢКІРЕ**= е т. с ө й л. ***Кегжитіңкіре*** *(басын аздап кекшиту, шалқайтыңқырап ұстау, кекшитіңкіреу).*

**КЕКЖИТІҢКІРЕУ**= е т. *Кекжитіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКЖИЮ** *Кекжи етістігінің қимыл атауы; кекшию, кейкию.*

**КЕКИ**= е т. **1.** *Басы шалқаю, кекжию, кекшию, кекірею.* **2.** а у ы с. *Әлдеқандай болу, тұмсығын көтеру, паңсыну, бұлдану.*

**Кекиіп қал.** қ а р ғ. *Тұмсығың көкке қарап қалсын, кекшиіп қал.*

**КЕКИТ**= е т. *Басын кекшиту, кекірейту.*

**КЕКИТУ** *Кекит етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКИЮ** *Кеки етістігінің қимыл атауы; кекірею, жөнге көнбеу.*

**КЕКПІР**[1] з а т. ж е р г. *Қандала.*

**КЕКПІР**[2] з а т. ж е р г. *Темірден жайпақтап жасаған тесік ожау, кепсер, сүзгі.*

**КЕКС** [ағыл. cake] з а т. *Ішіне мейіз салып, арнайы қалыпқа салып пісірген тәтті нан түрі.*

**КЕКСЕ** с ы н. **1.** *Орта жастан асқан, егде, мосқал, үлкейіп көрінген (әйел).* **2.** *Жасы келген, көп отырып қалған, кәрі (қыз).* **3.** *Жасы толған, ересек; үлкен, ірі (мал).* **4.** а у ы с. *Тәжірибесі мол, ысылған, төселген.* **5.** а у ы с. *Ежелден, баяғыдан бері келе жатқан, байырғы, көне.*

**Кексе тартты**. *Орта жастан асты, егде тартты.*

**КЕКСЕЛЕН**= е т. *Егде тарту, есейе түсу, біраз жасқа келу.*

**КЕКСЕЛЕНДІР**= е т. *Есейту, егде тарттыру.*

**КЕКСЕЛЕНДІРУ** *Кекселендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКСЕЛЕНУ** *Кекселен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКСЕЛЕУ** с ы н. *Жасы біразға келген, егделеу, мосқалдау.*

**КЕКСЕЛІК** з а т. *Кексе адамға тән белгі; егделік, үлкендік.*

**КЕКСІЗ** с ы н. *Кек сақтамайтын; зілсіз, бүкпесіз.*

**КЕКСІЗДІК** з а т. *Кегі жоқтық, зілсіздік.*

**КЕКТЕ**= е т. **1.** *Кек тұту, кектену.* **2.** *Көңілге ауыр алу.*

**КЕКТЕН**= е т. *Кек сақтау, кек тұту; өштесу, қастасу.*

**КЕКТЕНДІР**= е т. *Өштестіру, қастастыру, қатты ызаландыру.*

**КЕКТЕНДІРУ** *Кектендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКТЕНУ** *Кектен етістігінің қимыл атауы; өштесу, қастасу, кек сақтау, кек тұту.*

**КЕКТЕНУШІ** з а т. *Кектенген, кек сақтаған адам.*

**КЕКТЕС** с ы н. *Бір-біріне кектесіп, өштесіп, қастасып жүрген (адам); жау, қас, дұшпан.*

**КЕКТЕС**= е т. *Кек қуысу, өш алысу.*

**КЕКТЕСТІК** з а т. *Қастық, өштік, өш болушылық.*

**КЕКТЕСУ** *Кектес етістігінің қимыл атауы; өшігу, қастасу.*

**КЕКТЕСУШІ** з а т. *Кектесіп жүрген, бір-біріне қас, өш адам, қастасушы, өштесуші.*

**КЕКТЕСУШІЛІК** з а т. *Кектескендік, кек сақтаушылық, өштік, қырғиқабақтық.*

**КЕКТЕУ** *Кекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКТІ**[1] с ы н. *Кектенген, кек сақтаған; кегі кеткен, өшіккен, ызалы, ашулы.*

**Кекті болды**. *Кектенді, кек сақтады.*

**КЕКТІ**[2] с ы н. *Қатерлі, қауіпті.*

**КЕКТІЛІК** з а т. *Кек сақтағыштық, кекті болушылық, өшпенділік.*

**КЕКШЕ** ү с т. *Кек тәрізді, кек секілді.*

**КЕКШЕҢ** е л і к. *Басын, иегін шұғыл көтеріп, алғандығы кейіпті бейнелейтін сөз.*

**Кекшең еткізді [етті].** *Басын шұғыл көтеріп алды; кегжең еткізді.*

**КЕКШЕҢДЕ**= е т. *Басын кекшең-кекшең еткізу, қайта-қайта көтеру; кегжеңдеу.*

**КЕКШЕҢДЕТ=** ет. *Басын кекшиту, кегжеңдету.*

**КЕКШЕҢДЕТКІЗ=** ет. *Басын кегжең еткізу, кекшеңдеттіру.*

**КЕКШЕҢДЕТКІЗУ** *Кекшеңдеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКШЕҢДЕТУ** *Кекшеңдет етістігінің қимыл атауы; басын кегжиту.*

**КЕКШЕҢДЕУ** *Кекшеңде етістігінің қимыл атауы; кекшию, кекірею.*

**КЕКШЕҢ-КЕКШЕҢ** елік. *Басын, иегін шұғыл көтеріп-түсіріп алғандағы қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Кекшең-кекшең етті.** *Басын, иегін шұғыл шұлғыды, кекшеңдеді.*

**КЕКШИ=** ет. **1.** *Басын шалқайта ұстау, кегжию.* **2.** ауыс. *Кекірею, кекию; әлдеқандай болу.*

**Кекшие қарады**. *Жақтырмады, ұнатпады; шікірейе көз салды.*

**КЕКШИТ=** ет. *Кегжиту, шікірейту, шалқақтату.*

**КЕКШИТУ** *Кекшит етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКШИЮ** *Кекши етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКШІЛ** сын. *Кек тұтқыш, кек сақтағыш, кектенгіш; кінәмшіл.*

**КЕКШІЛДІК** зат. *Кектенгіштік, кек сақтағыштық, кекшіл болушылық; намысқойлық.*

**КЕКШІЛІРЕК** сын. *Кек сақтағыштау, көңіліне дық алғыштау; намысқойлау; кінәмшілдеу.*

**КЕКІЛ**[1] зат. **1.** этн. *Қазақтың т.б. түркі халықтарының ертедегі тіл көзден сақтайды деген таным-түсінігі бойынша баланың маңдайына қойған бір шоқ шаш.* **2.** *Жылқының, түйенің маңдайындағы бір шоқ қыл, шуда.* **3.** *Әйел адамның басқаларынан қысқа етіп қиған маңдай шашы.*

**Кекіл кесті.** *Араздасты, ат құйрығын кесісті, біржола айырылысты.* **Кекіл қақты**. а) *Басын шұлғыды, изеді.* ә) *Тез-тез жүрді, ылдым-жылдым басты.* **Кекіл қойды**. *Маңдайына кішкене ғана шаш қалдырды.* **Кекіл түйді.** *Бел байлап кірісті, сыбанды.* **Кекіл шаш**. *Қасының тұсынан қиылған, маңдайына қойған шаш, маңдай шаш.*

**КЕКІЛ**[2] зат. жерг. *Есікке құлып салатын шығыршық темір.*

**Кекіл темір** жерг. *Құлып салатын темір шығыршық.*

**КЕКІЛБАСАР** зат. этн. сөйл. ***Кекілдік.***

**КЕКІЛДЕН=** ет. *Бір шоқ боп бөліну, шоқтану, топтану.*

**КЕКІЛДЕНУ** *Кекілден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІЛДІ** сын. **1.** *Кекіл қойған, кекілі бар.* **2.** ауыс. *Жас, бала.*

**КЕКІЛДІК** зат. этн. *Жүгеннің маңдай тұсында аттың кекіліне дәл келіп тұратын бөлігі (қайыс); кекілбасар.*

**КЕКІЛДІМ** зат. экспр. *Қарағым, қалқам; сәулем.*

**КЕКІЛДІРІК** зат. жерг. ***Кекілдік.***

**КЕКІЛШЕ** зат. экспр. *Кішкене ғана кекіл; кекілге ұқсас шаш.*

**КЕКІЛІК** зат. <лат. alectoris chukar> *Көбінесе таулы, тасты жерлерді мекендейтін, тұрқы 25–30 см-дей, екі бүйірі ақ, көкшіл сұр түсті, тауық тәрізділер отряды қырғауыл тұқымдасына жататын әдемі құс.*

**КЕКІР** сын. *Кесапат, кесір, қырсық.*

**КЕКІР=** ет. *Асқазаннан бөлінген ауаны ауыз жолы арқылы басындағы барлық шашты алып тастап, шығару.*

**КЕКІРДЕЙ** сын. жерг. *Үп-үлкен; дардай, сомадай.*

**КЕКІРЕ**[1] зат. өс. <лат. oxytropis> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін және улы өсімдік түрлерінің жалпы атауы.*

**Кекіреге тойған текедей бақылдайды.** *Қоразданып, маза бермеген, әкіреңдеген еркек кісі туралы айтылады.* **Кекіре себетбас.** өс. <лат. plagiobasis centauroides> *Күрделігүлділер тұқымдасы себетбас туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КЕКІРЕБАЛЫҚ** зоол. <лат. rhodeus sericeus> *Уылдырығы қымбат бағаланатын қызыл балықтың бір түрі.*

**КЕКІРЕБАС** зат. өс. *Биіктігі 50–80 см келетін тік сабақты, қоңыр түсті, ұлпілдек, көпжылдық өсімдік.*

**КЕКІРЕЙ=** ет. **1.** *Басын жоғары көтеріп, кейкию, кегжию.* **2.** *Бәлдену, кесапаттану, тәкаппарлану; шалқаю.*

**КЕКІРЕЙТ=** ет. *Басын кейкиту, кегжиту.*

**КЕКІРЕЙТУ** ет. *Кекірейт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРЕЙІС=** ет. *Бастарын жоғары көтерісіп, кегжиісу, шікірейісу.*

**КЕКІРЕЙІСУ** *Кекірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРЕ-КЕКІРЕ** үст. *Қайта-қайта кекіріп.*

**КЕКІРЕКТЕ=** ет. жерг. *Текіректеу, шоқалақтау.*

**КЕКІРЕЛЕ=** ет. *Тою, тояттау, мелдектеу.*

**КЕКІРЕЛЕН=** ет. *Тойыну, тояттану.*

**КЕКІРЕЛЕНУ** *Кекірелен етістігінің қимыл атауы; тойыну, тояттану.*

**КЕКІРЕЛЕУ** *Кекіреле етістігінің қимыл атауы; тояттау, тою.*

**КЕКІРЕҢ** елік. *Оқыстан, бірден шалқақ ете түскенді бейнелейтін сөз.*

**Кекірең етті**. *Шалқақ ету, кілт ету.*

**КЕКІРЕҢДЕ=** ет. *Шалқақ етті, кегжең етті, кекірең-кекірең ету.*

**КЕКІРЕҢДЕУ** *Кекіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРЕЮ** *Кекірей етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРЛІК** зат. *Кесірлік, кесапаттық, тәкаппарлық.*

**КЕКІРТ=** ет. *Кекірік шығарту.*

**КЕКІРТ** сын. *Қырсық, кесір, кесапат, менмен.*

**КЕКІРТТЕН=** ет. *Қырсықтану, кесірлену, кесапаттану.*

**КЕКІРТТЕНУ** *Кекірттен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРТТІК** зат. *Тәкаппарлық, кесірлік, кесапаттық.*

**КЕКІРТУ** *Кекірт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРУ** *Кекір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРІК**[1] зат. *Асқазаннан бөлініп, ауыз жолымен шығатын ауа.*

**Кекірігі азды**. *Мөлшерден артық ішкен тамақтан күпті болды.* **Кекірік атты**. *Тамақты мөлшерден тыс тоя ішті.*

**КЕКІРІК**[2] сын. *Тәкаппар, кесір, кесапат; кекір, кекірт. // Тәкаппар, менмен адам.*

**КЕКІРІН=** ет. *Қайта-қайта кекіру, кекіре беру.*

**КЕКІРІНУ** *Кекірін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕКІРІС=** ет. *Үсті-үстіне кекіру, бірінен соң бірі кекіру.*

**КЕКІРІСУ** *Кекіріс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛ=** ет. **1.** *Белгілі бір орыннан бері қарай жүру, бет алу, жақындау, жуу, жылжу.* **2.** ауыс. *Адам жасының белгілі бір мөлшерге жетуі, толуы.* **3.** ауыс. *Пайда болу, бір әрекетке зауқы соғу, ынталы болу.* **4.** *«Бол» сөзінің мағынасында.* **5.** «Түсті», *«тиді», «айналды» етістіктерінің мағынасында.* **6.** *Негізгі етістіктер мен есім сөздердің жетегінде айтылып, көмекшілік қызмет атқарады, қимылдың сипатын білдіреді.* **7.** *Етістік сөздердің жетегінде келіп, оларға күшейтпелі мағына қосады.*

**Келер күн.** *Болашақ, алдағы өмір.* **Келер күн не дайындайды?** поэт. *Болашақта қалай болады, алдында қандай өмір, өзгеріс түр екен деген мағынада.* **Келер шақ.** лингв. *Істің келешекте болатынын білдіретін етістік шағы.* **Келетін бәле жоқ.** *Ешқандай зиян, қорқыныш жоқ.* **Келмеске кетті**. а) *Құрыды, жойылды.* ә) *Дүниеден өтті, өлді.* **Кел мұңдалады.** *Өзіне тартты, еліктірді.* **Келсең келдің өзі.** *Еш нәрседен тайынбайтын, ерегіске құмар, шешінген судан тайынбас кісі.*

**КЕЛ** сын. жерг. *Бойкүйез, жалқау.*

**КЕЛАУЫЗДЫҚ** зат. жерг. *Өтірік, жалғандық.*

**КЕЛБЕТ** зат. **1.** *Түр, түс, кейіп, кескін.* **2.** ауыс. *Сұлулық.* **3.** ауыс. *Көрік, бейне.*

**Келбет көрсең, ісін сұрама.** *Адамның қандай екені түрінен, жүзінен көрініп тұрады деген мағынада.* **Келбет десе, келбеті бар.** сөйл. ***Түр десе, түрі бар.*** **Келбеті келген**. *Көрікті, сүйкімді, жүзі жылы.*

**КЕЛБЕТСІЗ** сын. *Көріксіз, ұсқынсыз, әдемі емес.*

**КЕЛБЕТТЕН=** ет. *Бұрынғысынан, әдемілену, ажарлану.*

**КЕЛБЕТТЕС** сын. *Келбеті бірдей, түстес, ұқсас.*

**КЕЛБЕТТІ** сын. **1.** *Келбеті келген, әдемі, сұлу, сымбатты.* **2.** *Бітімді, мүсінді.*

**КЕЛГІЗ=** ет. ***Келтіру.***

**КЕЛГІЗУ** *Келгіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛГІНШІ** зат. *Сырттан келген адам.*

**КЕЛГІР=** ет. жерг. *Кілку, кілк-кілк ету.*

**КЕЛГІСІЗ** сын. *Келмейтіндей, келе қоймайтындай, жоламайтындай.*

**КЕЛГІШ** сын. *Қайта-қайта келе беретін, келімпаз.*

**КЕЛГІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта келе беру, жиі келу.*

**КЕЛГІШТЕУ** *Келгіште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛГІШТІК** зат. *Келе беретіндік, жиі келетіндік, орала берушілік.*

**КЕЛДЕ** зат. ескі кіт. ***Бас.***

**КЕЛДЕК**[1] зат. *Ағаштан жасалған жуан, қысқа таяқ; қару.*

**КЕЛДЕК**[2] зат. *Бидай, арпа, тары сияқты дәнді егістің басы, масақ.*

**КЕЛДЕКТЕ=** ет. **1.** *Масақтау, дәнді дақылдардың басын қырқу.* **2.** жерг. *Уыстау, уыстап ұстау.*

**КЕЛДЕКТЕЙ** сын. *Келдек сияқты; жуан таяқтай.*

**КЕЛДІК**[1] зат. этн. *Әдетте салмақты болсын деп ағаштың безді жерінен кесіп алып, жонып жасайтын бір нәрсені ұруға, жерге қағуға арналған сабы қысқа жуан таяқ, тоқпақ түрі, келдек.*

**КЕЛДІК**[2] сын. *Жалқау, еріншек, бойкүйез.*

**КЕЛДІ-КЕТТІ** сын. *Сырттан келіп-кеткен, уақытша келген.*

**КЕЛЕ**[1] зат. *Келешілердің бәйге атына жанамалап қосылатын жері.*

**КЕЛЕ**[2] зат. **1.** *Бір топ түйе, бір қора інген; буранның үйірі.* **2.** ауыс. *Ел арасы, көп іші, орта.* **3.** *Жиын, кеңес.*

**Келеге келді**. а) *Қалыбына түсті, өзіне-өзі келді.* ә) *Шамаға келді, іске жарады.* **Келеге кеңес кіргізді.** *Ортаға ой, ақыл салды; қауымға ақыл қосты.* **Келеге салды.** *Кеңесте, көпшілік талқысында қарады.* **Келеге түсер шақ.** *Жараған бураның, буырқану, күркіреу, шабыну, тісін қайрау, жынын шашу сияқты оғаш қылық көрсету кезі.*

**КЕЛЕБЕ** зат. кәс. жерг. ***Келеп*** *(ірілген жіптің бояу үшін, өлшеу үшін кең шу мақталып, әр жерінен байланып жинақталған шумағы).*

**КЕЛЕГЕЙ** сын. *Мақау, сұсты, түнерген.*

**Келегей қара бұлтпын.** бейн. *Сұсты, ызғарлы мағынасында.*

**КЕЛЕК** зат. *Қураған қамыс, қоға т. б. өсімдіктерден құралған жыныс.*

**КЕЛЕКЕ** зат. *Мазақ, ажуа, келемеж, күлкі.*

**Келеке етті [қылды, жасады].** *Мазақтады, келемеждеді.*

**КЕЛЕКЕЛЕ=** ет. *Мазақтау, ажуа ету, келемеждеу, күлкі ету.*

**КЕЛЕ-КЕЛЕ** үст. *Топ-топ, мол түйе деген мағынада.*

**КЕЛЕКЕЛЕУ** *Келекеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛЕКЕЛІ** сын. *Келеке ететін, ажуалы, сықақ еткен.*

**КЕЛЕКШЕ** үст. *Келек тәрізді, келектей.*

**КЕЛЕЛЕ=** ет. *Үйірлеп топтау, қоралау.*

**КЕЛЕЛІ=** сын. *Күрделі, маңызды.*

**Келелі кеңес [сөз].** *Ақылға қонымды, салиқалы, ауқымды әңгіме.* **Келелі мәселе.** *Алда тұрған күрделі міндет.*

**КЕЛЕМЕЖ** зат. *Келеке, мазақ, ажуа, күлкі.*

**Келемеж етті [қылды].** *Мазақтады, күлкіге айналдырды.* **Келемеж қылу.** *Мазақ ету, күлкіге айналдыру.*

**КЕЛЕМЕЖДЕ=** ет. *Мазақтау, келеке ету, ажуалау.*

**КЕЛЕМЕЖДЕЛ=** ет. *Мазақ етілу, ажуалану, келеке етілу.*

**КЕЛЕМЕЖДЕЛУ** *Келемеждел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛЕМЕЖДЕУ** *Келемежде етістігінің қимыл атауы; мазақтау, ажуалау.*

**КЕЛЕМЕЖШІЛ** сын. *Мазаққұмар, ажуашыл.*

**КЕЛЕМЕШ** зат. сөйл. ***Келемеж.***

**КЕЛЕҢ** зат. жерг. *Сопы, тақуа.*

**КЕЛЕҢСІЗ** сын. **1.** *Орынсыз, ретсіз, жөнсіз, епетейсіз.* **2.** *Оғаш, қолайсыз.* **3.** *Дөрекі, епетейсіз.*

**КЕЛЕҢСІЗДІК** зат. *Жөнсіздік, епетейсіздік, оғаштық.*

**КЕЛЕП** зат. этн. *Иірілген жіпті бояу үшін әр жерінен байлап жасаған шумақ.*

**КЕЛЕПАН** зат. этн. **1.** *Қозыны айыра білу үшін арқасында қырықпай қалдырылатын шоқ жүн.* **2.** миф. *Халық мифологиясындағы қазақ шопандары армандаған идеалды мал түлігінің атауы.*

**КЕЛЕПТЕ=** ет. *Келеп жасау; шумақтау, жинақтау.*

**КЕЛЕПТЕУ** *Келепте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛЕР-КЕТЕР** зат. *Пайда-зиян.*

**КЕЛЕС: келес кесіртке.** зоол. *Кесірткелер отрядына жататын кесірткелердің бір тұқымдасы.*

**КЕЛЕСАУ** сын. *Жарымес, нақұрыс, есуас.*

**КЕЛЕСАУЛАН=** ет. *Есерсоқтану, нақұрыстану.*

**КЕЛЕСАУЛАУ** сын. *Есерсоқтау, нақұрыстау, деліқұлылау, әңгүдіктеу.*

**КЕЛЕСАУЛЫҚ** зат. *Есерсоқтық, нақұрыстық, жарыместік.*

**КЕЛЕСАУША** үст. *Нақұрыс адамша, есерсоқ, жарымес сияқты.*

**КЕЛЕСІ** сын. *Ендігі, кейінгі, келер.*

**КЕЛЕУ[1]: келеу жіп.** кәсіб. *Алаша, кілем тоқитын жіп.*

**КЕЛЕУ[2]: келеуі кету.** жерг. *Кенеуі кету, тозығы жету.*

**КЕЛЕШЕК** зат. **1.** *Келер шақ, алдағы уақыт.* **2.** *Болашақ өмір.*

**Келешек заман.** *Алдағы уақыт, ертеңгі күн, болашақ.*

**КЕЛЕШІ[1]** зат. этн. *Бәйгеден келе жатқан аттардың алдынан шығушы, атқа дем беруші.*

**КЕЛЕШІ[2]** зат. түйешар. *Қайшылатын інген мен аруананы бура мен ұлектің күшіне қарай таңдап іріктей алатын, күйлеген малды қанша уақыт жанастыру керектігін білетін, шағылыстыруды дұрыс ұйымдастыратын маман түйеші.*

**КЕЛ-КЕЛ: кел-кел салды.** *Кел деп бәйек болды, қыстады.*

**КЕЛ-ҚАЙТ** үст. *Әрі-сәрі.*

**КЕЛМЕУ** зат. спорт. *Жарыстың өтуі туралы төрешілер алқасы белгілеген уақытта жарыс басталатын жерге спортшының немесе команданың келмей қалу жағдайы.*

**КЕЛСАП** зат. этн. *Келіге салынған нәрсені түйгіштеп уататын аспап, келінің сабы, түйгіші.*

**Келсаппен түйгендей.** *Дәл, анық, түсінікті.*

**КЕЛСАПТАЙ** сын. *Үлкен, дәу, ұзын.*

**КЕЛСЕ-КЕЛМЕСЕ** үст. *Қолынан келмейтініне қарамай.*

**КЕЛСОҚ** зат. жерг. *Түйілген тары.*

**КЕЛТЕ[1]** сын. *Қысқа, ұзын емес, шолақ.*

**Келте бақай.** *Бақайы қысқа.* **Келте зеңбірек.** әск. *Құрылымы мен тактикалық-техникалық қасиеттері бойынша зеңбірек пен гаубица арасындағы аралық қару болып табылатын және олардың негізгі сапалық қасиеттерін біріктіретін артиллериялық қарудың бір түрі.* **Келте зеңбіректі артиллерия**. әск. *Келте зеңбіректерден тұратын, ашық және тасадағы нысандарды жоюға, сондай-ақ далалық қорғаныс құрылыстарын қиратуға арналған артиллерия.* **Келте қайырды [түйді].** *Көпке созбады, тез доғарды.* **Келте пішу**. *Терең ойламау, үстірт пайым дау.* **Келте тонды.** *Киер киімге тапшы.* **Келте сонар.** *Жауған қардың көп жатпай тез еріп, аң ізінің көмескіленген кезі.*

**КЕЛТЕ[2]** зат. жерг. *Сүзек, іш сүзек.*

**КЕЛТЕБАС** зат. өс. <лат. heleoharis, eleoharis> *Қиякөлеңдер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КЕЛТЕК[1]** зат. **1.** сөйл. ***Келдек[1].*** **2.** *Қысқа кесілген ағаш. // Қысқа.*

**Келтек жеді.** *Таяқ жеді.*

**КЕЛТЕК[2]** зат. сөйл. ***Келдек[2].***

**КЕЛТЕКТЕП** үст. *Жырып, бетін ғана қырқып, қысқалап.*

**Келтектеп орды**. кәс. *Бидайды қолмен орғанда басын ғана орып алу.*

**КЕЛТЕҚЫСТАУ** зат. этн. *Малды бораннан сақтау үшін күзеуге соғылатын, төбесі ашық қоралар мен аласа баспанасы бар уақытша қыстау түрі.*

**КЕЛТЕЛЕ=** ет. *Қысқарту, қысқа ету.*

**КЕЛТЕЛЕН=** ет. *Қысқару.*

**КЕЛТЕЛЕНДІР=** ет. *Қысқарту, ықшамдау.*

**КЕЛТЕЛЕНДІРУ** *Келтелендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТЕЛЕНУ** *Келтелен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТЕЛЕУ[1]** *Келтеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТЕЛЕУ[2]** сын. *Қысқалау, шолақтау.*

**КЕЛТЕЛІ** сын. *Келтеленген, қысқалау.*

**КЕЛТЕЛІК** зат. *Қысқалық, шолақтық.*

**КЕЛТЕҢ** елік. *Шолтаң еткенді бейнелейтін сөз.*

**Келтең етті**. *Шолтаң етті.*

**КЕЛТЕҢДЕ=** ет. *Қысқалық қылу, шолақ болу, шолтаңдау.*

**КЕЛТЕҢДЕУ** *Келтеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТЕРЕК** сын. *Қысқарақ, шолақтау.*

**КЕЛТЕСОНАР** зат. этн. аңш. *Қыстың басындағы аңшылық маусымы басталған кездегі таңға жақын жауған азғана түскен қырбық қардан соңғы аңға шығу шағы, қырбықсонар.*

**КЕЛТЕСІНЕН** үст. **1.** *Төтесінен, тікесінен, тура.* **2.** *Қысқаша, көп созбай.*

**Келтесінен қайырды**. *Көпке созбады, тез доғарды.*

**КЕЛТІР=** ет. *Келгізу, алдыру.*

**КЕЛТІРТ=** ет. **1.** *Келгіздіру, әкелдіру, алғыздыру.* **2.** ауыс. *Айтқызу.*

**КЕЛТІРТУ** *Келтірт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТІРУ** *Келтір етістігінің қимыл атауы; әкелдіру, жеткізу, алдыру.*

**КЕЛТІРУШІ** зат. *Әкелуші, тасушы, дайындаушы.*

**КЕЛТІРІЛ=** ет. **1.** *Алдырылу, орналастырылу.* **2.** *Алыну, түсірілу.*

**Келтірілген параметр.** физ. *Заттың күй параметрінің осы параметрдің критикалық нүктесіндегі шамасына қатынасы.*

**КЕЛТІРІЛУ** *Келтіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛТІРІНДІ** сын. **1.** *Ауысып айтылған, ауыспалы, жанама.* **2.** экон. *Негізгі уақыт кезеңіндегі (шығындар).*

**Келтірінді мағына.** лингв. ***Ауыспалы мағына.***

**КЕЛТІРІС=** ет. *Әкелісу, жеткізісу.*

**КЕЛТІРІСУ** *Келтіріс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛУ** *Кел етістігінің қимыл атауы.*

**Келуі мұң екен**. *Келісімен, келе салып, келгені сол еді.*

**КЕЛУШІ** зат. *Келетін, келуге тиіс адам.*

**КЕЛІ** зат. этн. *Тары, бидай, арпа т.б. дәнді дақылдарды түйіп уақтау, ұнтақтау үшін ағаш, темір, шойын сияқты қатты нәрседен жасалған іші қуыс зат.*

**Келі де, келсап та соның қолында.** *Не істесе де өзі біледі, өз билігі өзінде.* **Келі түю.** этн. *Келіге салынған тары, бидай т.с.с. жармалау үшін келсаппен ұрғылау.*

**КЕЛІДЕЙ** сын. *Үлкен, еңгезердей.*

**КЕЛІМ[1]** зат. көне. *Кескін, келбет, пішін.*

**КЕЛІМ[2]** зат. кіт. *Келушілік, келушілердің келу жиілігі.*

**Келім саны.** ғыл. *Кітапхананы пайдалану қарқынын сипаттайтын көрсеткіш.*

**КЕЛІМ[3]** зат. жерг. *Келісім; кеңес.*

**Келімге келмеді.** жерг. *Көнбеді, айтқанды істемеді.*

**КЕЛІМДӘРІ** зат. жерг. ***Бұрыш.***

**КЕЛІМДІ** сын. *Көрікті, келбетті, әдемі, сұлу.*

**КЕЛІМДІ-КЕТІМДІ** сын. *Келіп-кетіп тұратын; араласып-жолығысып тұратын.*

**Келімді-кетімді кісі бар.** *Қонаққа келетін адам көп.*

**КЕЛІМ-КЕТІМ** сын. *Келіп кететін, келіп тұратын.*

**КЕЛІМ-КЕТІМДІ** сын. *Келіп-кетіп тұратын.*

**КЕЛІМПАЗ** сын. *Келе беретін, келгіш.*

**КЕЛІМСЕК** сын. *Сырттан келген; байырғы тұрғын емес, кірме, бұратана.*

**КЕЛІМСЕКТЕ=** ет. *Жиі келу, келгіштеу, қайта-қайта келе беру.*

**КЕЛІМСЕКТЕУ** *Келімсекте етістігінің қимыл атауы; келгіштеу.*

**КЕЛІМСІЗ** сын. *Үйлесімі жоқ, орынсыз, жарасымсыз.*

**КЕЛІН** зат. этн. **1.** *Ата-ана үшін баласының әйелі де, жасы үлкен ағалары мен туғантуысқандар үшін інісінің әйелі.* **2.** *Жаңадан тұрмысқа шыққан әйел, келіншек.*

**Келін алды.** *Келін түсірді, баласын үйлендірді.* **Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық**. *Танымайтын, бөгде ортада кездесіп, танысып, біліскен адам жанына өте жақын болады деген мағынада.* **Келін түсірді.** этн. *Ұлы үйленіп, қалыңдықты ақ орамал жауып, босағасын аттатты, сән-салтанатпен той жасады.* **Келін түсіру.** этн. *Қалыңдықты күйеудің үйіне алып келгенде атқарылатын салттық жөн-жоралғы, сән-салтанат, той.*

**КЕЛІНБАРМАҚ** зат. жерг. *Түрі сопақша келген жүзім.*

**КЕЛІНДІ** сын. *Келін түсірген, келіні бар.*

**КЕЛІН-КЕПШЕК** зат. сөйл. ***Келін-кепшік.***

**КЕЛІН-КЕПШІК** зат. *Жас әйелдер мен келіншектер.*

**КЕЛІНСІЗ** сын. *Келіні жоқ.*

**КЕЛІНТҮБІ** зат. этн. *Келі түйіскен адамға берілетін сыбаға.*

**КЕЛІНШЕК** зат. этн. **1.** *Жаңа түскен жас келін.* **2.** *Жас әйел.*

**Келіншек жілік.** жерг. этн. *Тоқпан жілік.* **Келіншек көші**. этн. *Ұзатып алып бара жатқан қыз көші (өз аулы шетіне шыққан соң осылай айтылады).* **Келіншек түсті.** ***Келін түсті.***

**КЕЛІНШЕКБАС** зат. өс. жерг. *Мал сүйсініп жей қоймайтын, биіктігі 20-25 см-дей шөп.*

**КЕЛІНШЕКБОЗ** зат. өс. *Қырда өсетін шөп; боз.*

**КЕЛІНШЕКТАЛ** зат. бот. *Жіңішке бұтақшалары салбырап тұратын тал түрі, мәжнүн тал.*

**КЕЛІНШЕКТАС** зат. этн. *Әдет-ғұрып, діни сенімдерге байланысты тастан мүсінделген адам пішіні, балбал тастардың бір түрі.*

**КЕЛІНШЕКШӨП** зат. өс. <лат. chaetolimon> *Қорғасыншөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КЕЛІП-КЕЛІП** үст. *Ақыр соңында, жүріп-жүріп.*

**КЕЛІП-КЕТ=** ет. *Кіріп-шығып, араласып.*

**КЕЛІС=** ет. **1.** *Келісімге келу, пікірлері бір жерден шығу.* **2.** *Сөз байласу, уәделесу.* **3.** *Келісіп тұру, жарасу, үйлесу.* **4.** ауыс. *Сиқы бұзылып, ұсқыны кету.*

**Келісе алмады.** жерг. *Жөнделмеді, оңалмады; бір шешімге келмеді.*

**КЕЛІС**[1] зат. *Келушілік, келгендік.*

**КЕЛІС**[2] зат. *Келісім, бітім, шарт.*

**КЕЛІСКЕН** сын. *Әдемі, сұлу, көркем.*

**КЕЛІСОҚ** зат. этн. тамақ. *Майға немесе қаймаққа тары салып жаныштап дайындаған тағам.*

**КЕЛІССӨЗ** зат. ресми. *Белгілі бір бітімге келіп шарттасу үшін жүргізілетін сөз, келісім сөз.*

**КЕЛІССІЗ** сын. **1.** *Орынсыз, лайықсыз, келісімі жоқ.* **2.** *Келіспеген, келбетсіз, түрсіз, әрсіз.*

**КЕЛІССІЗДІК** зат. *Келіспегендік, өрескелдік, орынсыздық.*

**КЕЛІСТІ** сын. **1.** *Келбетті, сымбатты, әсем, сұлу.* **2.** *Үйлесімді, лайықты, жарасымды, ұнамды, орынды.*

**Келісті түйе.** түйешар. *Барлық мүшесі әдемі, қоңды, қол-аяғы балғадай, тең өркеш, сандық өркеш, тау өркеш еш уақытта бақырып, жынын бүркіп, кесір мінез көрсетпейтін асыл түйелердің қарапайым жалпы атауы.*

**КЕЛІСТІЛЕУ** сын. *Сұлулау, сымбаттылау.*

**КЕЛІСТІЛІК** зат. *Сұлулық, сымбаттылық, әдемілік.*

**КЕЛІСТІР=** ет. **1.** *Келісімге келтіру, табыстыру.* **2.** *Үйлестіру, лайықты ету.*

**КЕЛІСТІРЕК** сын. **1.** *Әдемірек, сымбаттырақ; келбеттірек.* **2.** *Тәуірірек, артығырақ.*

**КЕЛІСТІРУ** *Келістір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛІСТІРУШІ** зат. *Келісімге келтіруші.*

**КЕЛІСТІРІЛ=** ет. *Оңдалу, дұрысталу, лайықты етілу.*

**КЕЛІСТІРІЛУ** *Келістіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛІСУ** *Келіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Келісім беру, уәделесу.* **2.** *Жарасу, ұнасу, сай келу.*

**КЕЛІСУШІЛІК** зат. *Келісімге келушілік.*

**КЕЛІСІЛ=** ет. *Уәде етілу, үйғарылу.*

**КЕЛІСІЛУ** *Келісіл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЛІСІМ** зат. **1.** *Сөз байласу, уәделесу, келісу.* **2.** ресми. *Келіссөз, шарт, бітім.* **3.** *Үйлесім, ұнасым, жарасым.*

**Келісім берді.** *Уәдесін берді, келіскенін білдірді.* **Келісімге келді.** *Бәтуаласты, келісті.* **Келісім [шарт] жасасты.** *Келісімге келді, уағдаласты.*

**КЕЛІСІМДІ** сын. **1.** *Келісіп қойған, кесімді, келісілген.* **2.** *Әдемі, үйлесімді, ұнамды.*

**Келісімді баға.** экон. *Тауарды сатып алу-сату мәмілесінде көрсетілген баға.* **Келісімді жұмыс.** экон. *Келісім, шарт бойынша орындалатын және келісімді ақы төленетін жұмыс.*

**КЕЛІСІМДІЛІК** зат. *Жарасымдылық, әдемілік, үйлесімділік.*

**КЕЛІСІМПАЗ** сын. *Ымырашыл, келіскіш.*

**КЕЛІСІМПАЗДЫҚ** зат. **1.** *Ымырашылдық, келісушілік.* **2.** саяси. *Саяси топтар мен партиялардың және саяси тұлғалардың белгілі бір мақсатқа жету жолында жасалатын өзара келісімдері мен іс-әрекеттері.* **3.** жағымсыз. *Негізінен жеке адам бойындағы тұғырсыздықтан, принципсіздіктен, білімсіздіктен, көңілшектіктен, жағымпаздықтан, жасқаншақтықтан және сатқындықтан туындайтын жеке адам бойындағы жағымсыз қасиет.*

**КЕЛІСІМСІЗ** сын. *Ұнамсыз, орынсыз, ыңғайсыз.*

**КЕЛІСІМСІЗДЕУ** сын. *Ұнамсыздау, орынсыздау.*

**КЕЛІСІМСІЗДІК** зат. **1.** *Үйлесімсіздік, ұнамсыздық.* **2.** *Келіспеушілік, ымыраға келмеушілік.*

**КЕЛІСІМШАРТ** зат. <лат. contractus> ресми. *Талап-тілек, міндет, құқық, парыз нақты көрсетілген екі жақтың өзара келісімі.*

**Келісімшарт айы.** экон. *Тауарды жеткізу арқылы келісімшарт орындалуға тиіс ай.* **Келісімшарт базасы.** экон. *Соттың немесе арбитраждың үкімімен байланысты немесе борышқордың төлеуге қабілетсіздігі себепті өндіріп алу мүмкін емес (үмітсіз) деп табылған дебиторлық берешек бөлігі.* **Келісімшарт бойынша қаражаттандыру.** экон. *Экономиканың құлдырауы жағдайында немесе дағдарыс кезеңінде кәсіпорындарға жұмыс жүктеу мақсатымен фирмаларға берілетін үкімет тапсырыстарының нысаны.* **Келісімшарт жүйесі.** экон. *Кепілдемелі өткізу рыногын қамтамасыз ете отырып, зерттеулерді орындау немесе өнім өндіру жөнінде мемлекеттің жеке корпорацияларға берген тапсырыстарының жиынтығы.* **Келісімшарт талаптары.** экон. *Шарттасушы тараптар келіскен және келісімшартта көрсетілген мәміленің тақырыбы, тауарлардың сипаттамасы, бағасы, міндеттемелердің атқарылу мерзімі тіркелген талаптар.*

**КЕЛІШЕ** зат. *Кішкене келі.*

**КЕМ** [ир. کم ] сын. **1.** *Аз, жетпеген, толмаған.* **2.** *Төмен, осал, нашар.* **3.** *Ақауы, кемістігі, мүкісі бар.*

**Кем болды.** а) *Таршылық, жоқтық көрді.* ә) *Сапасы төмен, нашар, осал болды.* **Кем емес.** *Тең, пара-пар, бірдей.* **Кем көрді [тұтты].** *Төмен санады, өзіне тең деп білмеді.* **Кем кісі.** *Балаға зәру, бала-шағасы аз.* **Кем қанағат.** *Шыдамсыз, қанағаты аз.* **Кем несібелілік** көне. *Аузының салуы жоқтық; «Құдайдың» о баста еседен қағаберіс жаратқан адамы.* **Кем соқпады.** *Олқы түспеді, кемімеді.* **Кем талап.** *Талабы жоқ, ықыласы кем.* **Кем тимеді.** *Асып түспесе, кем түскен жоқ, тең болды.* **Кем түспеді.** *Артық болмаса, кем емес деген мағынада.*

**КЕМАҚЫЛ** зат. мед. *Зияттың, ақыл-парасаттың кемуімен, бұрын қабылданған білімді ұмытумен немесе жаңа білімді меңгерудің қиындығымен, психиканың жұтаңдығымен, мінез-құлықтың өзгеруімен сипатталатын психика кемістігі.*

**КЕМАЛ** зат. жерг. *Жоқтық, кедейлік.*

**КЕМБАҒА** сын. жерг. **1.** *Аз, жеткіліксіз.* **2.** *Олқы, кеміс, жетімсіз.*

**КЕМБАҒАЛ** сын. **1.** *Мүгедек, жарымжан.* **2.** *Кедей, жарлы.*

**КЕМБРИЙ** зат. геол. *Жердің геологиялық тарихындағы палеозой эрасының бірінші кезеңі және сол кезеңде түзілген жыныстар қабатының жүйесі.*

**Кембрийге дейінгі қатпарлықтар.** геол. *Жер қыртысы даму тарихының кембрийге дейінгі кезеңдерінде (прекембрийде) қалыптасқан тектоникалық құрылымдар.*

**КЕМДЕ-КЕМ** сын. *Өте аз, сирек, ілуде біреу.*

**КЕМДЕ-КЕС** сын. жерг. ***Кемде-кем*** *(өте аз).*

**КЕМДЕУ** сын. *Аздау, кемірек.*

**КЕМДІ** сын. **1.** *Кемістігі бар.* **2.** *Аз, шамалы.*

**Кемді күн.** а) *Біраз күн; аз уақыт.* ә) *Қысқа өмір.*

**КЕМДІК** зат. **1.** *Аздық, жетпеушілік.* **2.** *Кемістік, кемшілік.* **3.** *Тапшылық, жоқшылық, жетіспеушілік.* **4.** *Мүкістік, ақаулық; мүгедектік.*

**Кемдікте ұстады.** *Қағажу көрсетті, қорлады.*

**КЕМЕ**[1] зат. *Өзен, көл, теңіздерде жүретін су жолының қатынас құралы.*

**Кеме авиациясы.** әск. *Әскери-теңіз күшінің кемелерінде және қосымша кемелерде орналасатын ұшақтар мен тікұшақтар.* **Кеме аумалылығы.** навиг. *Кеменің сыртқы күштердің әсері салдарынан тепе-теңдік қалпынан ауытқып, ол әсерлер тоқталған соң бастапқы күйіне қайта келу қабілеттілігі.* **Кеме десанты.** әск. *Жеке нысаналарды алу немесе талқандау және құрлықтағы әскермен байланыс орнату мақсатымен кеменің штаттағы құрамынан құрылған әскери бөлім.* **Кеме жабдықтары.** *Кеменің жүзуі мен оның навигациялық мақсаттарына пайдаланылатын механизмдер мен құрылғылардың жиынтығы.* **Кеме жасау.** *Ауыр өндірістің кемелерді жасайтын және жөндейтін саласы.* **Кеме жаттығулары.** әск. *Кемедегі жеке құрамның жауынгерлік дайындығы.* **Кеме жүзетін канал.** *Жер бедерін тиімді пайдалану мақсатында жүргізілген белгілі қимадағы жасанды канал.* **Кеме жүзетін тереңдік.** *Кемелердің суға белгілі мөлшерде бата отырып өтуі мүмкін болатын су жолының тереңдігі.* **Кеме жүргізу.** әск. *Кеменің жүзу қауіпсіздігі мәселелерін практикалық тұрғыда шешу мен маневр жасауын зерттейтін құрамына навигация, теңізде жүзу астрономиясы, маневр жасау, кеме жүргізудің техникалық құралдары, гидрометеорология, жүзу құралдары секілді бірқатар пәндер кіретін қолданбалы ғылым.* **Кеме иммунитеті.** әск. *Халықаралық құқықта мемлекеттік кемелердің дербес құқықтылығы, олардың шетел мемлекеттерінің юрисдикциясынан жартылай немесе толығынан босатылуы.* **Кеме кестесі.** әск. *Ұрыс немесе күнделікті өмір жағдайында кеменің жеке құрамының басқару мен қызмет көрсету ісіне бөлінуі.* **Кеме көтеру.** *Суға батып кеткен кемені су түбінен жоғарыға шығару және жүзіп жүрген кеменің су астындағы бөлігін тексеру, жөндеу не кемені тайыз сумен өткізу кезінде оны біраз жоғары көтеру жұмыстарының жиынтығы.* **Кеме қатынасы.** көлік. *Кеме арқылы су жолымен жасалатын барыс-келіс.* **Кеме қозғалтқышы.** тех. *Кемені қозғалысқа келтіретін басты, негізгі механизм.* **Кеме құрты.** зоол. *Кеме тоқтайтын жердегі бөренелерде, кемелердің ағаштан жасалған су асты бөлігінде, теңіз өсімдіктерінің сабағында, ал тропиктік аймақта манград ағаштарында, суға батқан кокос жаңғағында тіршілік ететін, мекендеген жерінде ағашты тесіп, зиян келтіретін қосжақтаулы моллюскілердің бір тұқымдасы.* **Кеме қызметі.** әск. *Соғыс жағдайында және күнделікті жағдайда кемені басқару мен оған қызмет көрсетуге арналған кеме экипажының (жеке құрамының) іс-қимылы.* **Кемелер дәрежесі.** әск. *Кемелерді тактикалық, техникалық элементтеріне, қаруланулары және судағы салмағына байланысты саралау.* **Кемелерден басқарылатын зымырандар.** әск. *Соғыс кемелеріндегі су үстіндегі, әуедегі, жағадағы және жердегі нысандарды жоюға арналған зымырандар.* **Кемелерді күзету.** әск. *Қарсыластардың кемелері мен ұшақтарының шабуылын дер кезінде анықтайтын, күзеттегі кемелерге қарсыластардың тұтқиылдан жасайтын шабуылын, шабуыл әдісін ескертіп отыратын құрамалардың, жасақтардың және жекелеген кемелердің ұрыс әрекетін қамтамасыз етудің бір түрі.* **Кемелердің жіктелуі.** әск. *Әскери-теңіз флоты кемелерінің мақсат-міндеттеріне қарай бөлінуі.* **Кемелер құрамасы.** әск. *Ортақ әскери міндеттерді орындау мен белгілі бір мақсаттағы әскери дайындық үшін ортақ басшылыққа біріккен әскери кемелер тобы.* **Кемелер сапы.** әск. *Бірге жүзу мен маневр жасау барысында кемелердің өзара біркелкі арақашықтықта орналасуы.* **Кеменің батпауы.** әск. *Бұзылып қалған жағдайда да кеменің өз жүзуін*

*жалғастыратын және теңізде жүзу мен ұрыстың сапасын сақтайтын төзімділік қабілеті.* **Кеменің вахталық журналы**. әск. *Кеменің сапқа түскен уақытынан бастап флот қатарынан шығуына дейінгі өмірінің барлық оқиғаларын хронологиялық ретпен жазып отыратын журнал.* **Кеменің габариттік өлшемі**. әск. *Кеме қаңқасының құрылымына жатпайтын шығыңқы бөлімдерді қоса есептегенде кеме қаңқасының негұрлым үлкен өлшемі.* **Кеменің жүріс сапасы**. әск. *Кеменің жүріс жылдамдығымен, инерциясымен, басқарылуымен, бағытының тұрақтылығымен, толқында жылдамдығын жоғалтпауымен сипатталатын сапасы.* **Кеменің зениттік қару-жарағы**. әск. *Кемеге орналастырылатын, ату жылдамдығы жоғары және әуе нысандарын атуды жүргізе алатын ракеталық артиллериялық қару.* **Кеменің көмекші механизмдері**. *Кеменің басты механизмдеріне қызмет ететін немесе өз бетінше жұмыс атқаратын арнаулы агрегаттар.* **Кеменің маневрлік элементтері**. әск. *Кеменің жылжымалылығын, жүзуі мен икемділігін, ал сүңгуір қайықтарда сонымен бірге бату және қалқу жылдамдығын, бату тереңдігінің шегін сипаттайтын элементтер.* **Кеменің маневрлілігі**. әск. *Руль мен басқа да қондырғылар арқылы кеменің қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерту қабілеті.* **Кеменің мызғымас қамалы**. әск. *Әскери-соғыс кемелерінің сауытты белдеумен, сауытты палубамен және көлбеу қалқанмен жабдықталған бөлігі.* **Кеменің навигациялық жабдықтары**. *Кемені белгіленген бағыт бойынша жүргізу ісінде қолданылатын әртүрлі аспаптары.* **Кеменің орталық артиллериялық посты**. әск. *Артиллериялық атысты басқаратын негізгі құралдар жинақталған, соғыс кемесіндегі жақсы қорғалған әрі герметизацияланған орын.* **Кеменің сапалылығы**. әск. *Жүк көтеру мөлшері, жүзу жылдамдығы, беріктілігі, тұрақтылығы, төзімділігі, басқарылуы, батпауы және т.б. кемені жүзгіш инженерлік құрылғы ретінде сипаттайтын көрсеткіштер.* **Кеменің теңізде жүзуге жарамдылығы**. әск. *Кеменің жүзу қабілетіне, икемділігіне, жел және теңіз толқыны жағдайында өз қаруын тиімді қолдануына негізделетін кеменің негізгі ұрыс сапаларының бірі.* **Кеменің төзімділігі**. әск. *Кеменің құрылымына, қорғаныс жүйесіне, техникалық құралдарына, олардың дұрыс орналасуы мен жұмыс істей алуына, күнделікті іске қосуда, ұрысқа даярлықты және оны жүргізуде жеке құрамның шебер іс-әрекетіне, өмір үшін күрес жүргізуге даярлығына байланысты сапасы.* **Кеменің ұйымдастырушылық құрылымы**. әск. *Ұрыс уақытында да, күнделікті өмірде де кеменің біртұтас құрылымда болуы.* **Кеме өткізетін шлюз**. *Өзендегі немесе каналдағы кемені және салды бір деңгейдегі судан екінші деңгейдегі суға өткізуге арналған гидротехникалық құрылыс.* **Кеме рубрикасы**. *Кеменің жоғарғы палубасында (борт жиегіне жуықтау) немесе үстіңгі құрылыстарында орналасқан жабық бөлме.* **Кеме шайқалысы**. *Әртүрлі сыртқы күштің әсерінен кеменің тербелуі.* **Кеме шырақтары.** *Кеменің орнын, қозғалыс бағытын көрсету және кеменің күйін білдіру мақсатында қараңғы түсісімен жағылатын сигналдық шырақтар.*

**КЕМЕ**[2] зат. жерг. *Жер ошақ.*

**КЕМЕДЕЙ** сын. *Кеме сияқты, кеме тәрізді.* **Нұқ пайғамбардың кемесіндей**. бейн. *Қатер дариясында қалғандай; зор апаттан құтылудың құралындай.*

**КЕМЕЖАЙ** зат. көлік. *Кемелердің сапарға аттанатын, сапардан келгенде тұрақтайтын орны.*

**КЕМЕЛ** [ар. كمال] сын. **1.** *Толық жетілген, жеріне жеткен.* **2.** *Дана, данышпан, аузы дуалы.* **Кемел адам**. діни. *Кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.* **Кемелге [кемеліне] жетті [келді].** *Күшіне енді, толды; ер жетті, дегеніне жетті.* **Кемелге [кемеліне] жетті [келді].** *Күшіне енді, толды; ержетті.*

**КЕМЕЛДЕН=** ет. **1.** *Толу, жетілу, кемеліне келу.* **2.** *Меңгерілу, төселу.*

**Кемелденген демократия.** *Дамып, қалыптасқан, жетілген демократия.* **Кемелденген социализм.** сов. *Социалистік құрылыстың социалистік экономикалық тұрғыдан жетіліп дамуындағы заңды сатысы; коммунизмге өтер белес.*

**КЕМЕЛДЕНДІР=** ет. *Жетілдіру, кемеліне келтіру.*

**КЕМЕЛДЕНДІРУ** *Кемелдендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕЛДЕНДІРІЛ=** ет. *Жетілдірілу.*

**КЕМЕЛДЕНДІРІЛУ**// *Кемелдендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕЛДЕНУ** *Кемелден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕЛДЕНУШІЛІК** зат. *Толып жетушілік, кемеліне келушілік.*

**КЕМЕЛДІ** сын. *Кемеліне келген, жетілген.*

**КЕМЕЛДІК** зат. *Кемеліне келгендік, жетілгендік, толысқандық.*

**КЕМЕЛДІЛІК** зат. *Толып жетілгендік, кемеліне келгендік.*

**КЕМЕЛЕК** зат. жерг. ***Кебенек*** *(ешкіде болатын жұқпалы ауру).*

**Кемелек келгір.** қарғ. ***Кебенек келгір*** *(кемелек ауруына тап болғыр).*

**КЕМЕЛІК** сын. *Кемеге арналған.*

**Кемелік артиллерия**. әск. *Әскери кемелерге орнатылған қарулар.*

**КЕМЕҢГЕР** сын. *Ақылды, дана, данышпан.*

**КЕМЕҢГЕРЛІК** зат. *Ақылдылық, даналық, данышпандық.*

**КЕМЕР**[1] [ир. كمر] зат. *Өзен, көл, су арнасының жағалауы, жиегі.*

**Кемер бекіту құрылыстары**. *Өзеннің, бөгеннің, теңіздің жағалауларын, бөгеттер мен каналдардың құлама қабақтарын толқындардың, судың қатты ағысының және мұз көшкінінің т.б. бүлдіруінен қорғау үшін салынатын құрылыстар.*

**КЕМЕР**[2] [ар. كمر] зат. этн. ***Кемер белбеу.***

**Кемер белбеу.** этн. *Бетіне алтын, күміс шытыра, жапсырмалар бекітілген, топсалы қапсырмалары бар, жалпақ, сәнді бағалы былғары белбеу [тон, шапан тәрізді сырткиімнің сыртынан буынады, босанған әйелдер аяқ-қолын бауырына жылдам алып, тез қалпына келсін, салт атпен алыс жол жүргенде ішкі ағзалар солқылдамасын, белге, бүйрекке күш түспесін, жарық (грыжа) ауруына ұшырамасын деп тағады].* **Кемер белдік.** этн. ***Кемер белбеу.***

**КЕМЕРЛЕ=** ет. **1.** *Судың арнасын тереңдеп орып, екі жағасының биік болып (кемер болып) қалуы; кемер жасау.* **2.** *Кемеріне жету, толып кету.* **3.** *Жағалау, жиектеу.*

**КЕМЕРЛЕН=** ет. **1.** *Жарқабақтану.* **2.** *Кемеріне жету, толқындану.*

**КЕМЕРЛЕНУ** *Кемерлен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕРЛЕТ=** ет. *Суару, суға жіберу.*

**КЕМЕРЛЕТУ** *Кемерлет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕРЛЕУ** *Кемерле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕРЛІ**[1] сын. **1.** *Кемері бар, жар қабақты.* **2.** ауыс. *Бай, болып-толған.*

**КЕМЕРЛІ**[2] сын. сөйл. *Кемер белбеулі, кемер белбеу тағынған.*

**КЕМЕРСУ** зат. геогр. *Өзеннің (бөгеннің) мұздан арылуы алдында пайда болатын жағалаудағы мұздан бос, ашық су жолағы.*

**КЕМЕРСІЗ** сын. *Кемері жоқ.*

**КЕМЕСЕР** зат. тар. сөйл. ***Комиссар.***

**КЕМЕСЕРЛІК** зат. тар. сөйл. ***Комиссарлық.***

**КЕМЕРІ** зат. көне. *Өзі туған бала, іштен туған перзент.*

**КЕМЕШ** зат. *Шағын кеме.*

**КЕМЕШЕ** үст. *Кеме сияқты, кеме секілді.*

**КЕМЕШТЕ=** ет. *Кемеш ету, кемеш етіп жасау; ою, үңгу.*

**КЕМЕШТЕЛ=** ет. *Опырылу, үйілу.*

**КЕМЕШТЕЛУ** *Кемештел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕШТЕН=** ет. *Қисаю, жантаю.*

**КЕМЕШТЕНУ** *Кемештен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕШТЕУ**[1] *Кемеште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМЕШТЕУ**[2] сын. *Еңкіштеу, құламалау.*

**КЕМЕШІ** зат. **1.** *Кеме жүргізуші.* **2.** *Кемеде жұмыс істеуші.*

**КЕМЕШІК** зат. экспр. *Кішкене кеме.*

**КЕМЖАҚСЫ** сын. жерг. *Жап-жақсы, әпәдемі, тәп-тәуір.*

**КЕМЖІК** зат. жерг. *Кемшілік, кем-кетік.*

**КЕМЗАЛ** зат. сөйл. ***Қамзол.***

**КЕМЗАЛДЫҚ** сын. *Кемзал тігуге жарамды.*

**КЕМЗЕЛ** зат. сөйл. ***Қамзол.***

**КЕМИЕК** сын. *Астыңғы иегі тартыңқы, кем.* **Кемиек бота**. *Астыңғы иегі тартыңқы болып туған бота.*

**КЕМИЕКТЕУ** сын. *Иегі кемдеу.*

**КЕМ-КЕМДЕП** үст. *Аз-аздап, біртіндеп.*

**КЕМ-КЕМНЕН** үст. жерг. ***Аз-аздан.***

**КЕМ-КЕТІК** зат. **1.** *Жетіспестік, кемшілік, кемістік.* **2.** ауыс. *Жоқ-жітік, жарлы-жақыбай, кедей.*

**КЕМ-КЕТІКСІЗ** сын. *Кемшіліксіз, кемістіксіз.*

**КЕМКИ=** ет. *Кекию, кекжию.*

**КЕМҚАП** зат. көне. *Оқалы қалың жібек мата, қымқап.*

**КЕМҚОРЛЫ** сын. *Кем, төмен, нашар.*

**КЕМПАРЫҚ** сын. *Парықсыз, ақымақ.*

**КЕМПЕС** зат. сөйл. экспр. ***Кемпір.***

**КЕМПІР**[1] зат. **1.** экспр. *Жасы келген, қартайған әйелдің төменшіктету мағынасындағы атауы.* **2.** *Шал кісінің жасы келген әйелі.*

**Кемпір бет**. *Беті кемпірдің бетіндей мыжтыж.* **Кемпірдің жағын байлау.** этн. *Қой қырқып, жүн сабап, киіз басқан кезде жел тұрғызбау үшін орындалатын ырым [желден сақтану мақсатында «сөйлемеңдер, сөйлесеңдер жел соғып, жүн ұшады» деп әйелдер ескерту жасап, кемпірдің жағын байлау ырымы жасалады: бір бала екі тал шиді немесе өсіп тұрған шиді құшақтап, жүнмен байлап, «кемпірдің жағын байладым» деп айқайлайды. Сонда халық түсінігі бойынша жел баяулап, тоқтайды. Осыдан кейін киіз басу әдеттегідей жалғаса береді].* **Кемпір қойын қосақтап тұр.** жерг. этн. *Кемпірқосақ шықты.* **Кемпір келсін.** қарғ. *Сиыр малына айтылатын қарғыс, мәлік келсін*! **Кемпір өлді.** этн. *Ескі салт бойынша, жаңа үйленген жастарға «өзгелер ұйықтады, жата берулеріңе болады» деп беретін әзіл белгі (мұны хабарлаған әйел сыйлық алатын болған).*

**КЕМПІР**[2] зат. жерг. *Сиыр малында болатын жұқпалы ауру.*

**КЕМПІРАУЫЗ** зат. *Шеге суыратын құрал; тістеуік, атауыз.*

**КЕМПІРАҚСАҚ** зат. қойшар. *Сыз жерге жайғандықтан болатын, қойда, әсіресе жас төлінде кездесетін буын ауруының жергілікті атауы.*

**КЕМПІРЖҮЗІК** зат. зерг. *Өте қарапайым жасалып, қас салынбайтын, көбіне тазалық үшін кемпірлер тағатын күміс жүзік.*

**КЕМПІРКЕ** зат. жерг. *Шай демдеген шәйнекті қою үшін самауырынның оттығына кигізетін бөлігі.*

**КЕМПІР-КЕМЕШ** зат. экспр. **1.** жағымсыз. *Қартайған жасының беделіне қарамастан, ел ішінде үлкендікке, еланасына лайықты сыйқұрметі, қадірі жоқ кәрі әйелдер.* **2.** зат. *Кәрі-құртаң әйел атауы.*

**КЕМПІР-КЕШЕК** жерг. ***Кемпірсампыр.***

**КЕМПІРҚАУЫН** зат. кәс. *Дәмі бұзылмай*

*ұзаққа шыдайтын қабығы торланған, қалың болатын қауын түрі.*

**КЕМПІРҚОСАҚ**[1] зат. *Аспанда жаңбырдан кейін пайда болатын доға тәріздес әр түсті жолақ.*

**КЕМПІРҚОСАҚ**[2] зат. қолөнер. *Кесте тігу өнерінде рет-ретімен орналасатын түрлі түсті бірнеше жолақтан тұратын ою-өрнектің түрі.*

**КЕМПІРЛІК** зат. *Кемпір болғандық, қартайғандық.*

**КЕМПІР-САМПЫР** зат. этн. *Онша ұнатпай айтылатын кәрі-құртаң әйелдер деген мағынадағы сөз.*

**КЕМПІР-СЕМПІР** зат. *Кәрі-құртаң әйелдер.*

**КЕМПІРТАС** зат. этн. *Әдет-ғұрып, діни сенімдерге байланысты тастан мүсінделген адам пішіні, балбал тас.*

**КЕМПІР-ШАЛ** зат. *Онша ұнатпай айтылатын жасы келген, қартайған әйелдер мен еркектер деген мағынадағы сөз.*

**КЕМПІРШАШ** зат. өс. *Тарам-тарам болып шөлді жерде шығатын, биіктігі 20-30 сантиметрдей қой жейтін шөп.*

**КЕМПІРШЕ** үст. *Кемпірге ұқсап, кемпір сияқты.*

**КЕМПІРШӨП** зат. өс. <лат.acantholimon> *Қорғасыншөп тұқымдасына жататын аласа бұталы не бұташықты өсімдік.*

**КЕМПІРШУАҚ** зат. жерг. *Жазғытұрғы кеш, күз кезіндегі күн сәулесі.*

**КЕМСАЛИҚА** сын. **1.** *Біразырақ жетпеген, жетіспей жатқан.* **2.** жерг. *Селқос, құлықсыз, енжар.*

**КЕМСАЛҚАУ** сын. *Енжар, селсоқ.*

**КЕМСЕҢ** елік. *Жыламсырағанда иектің дірілдеп жоғары-төмен тартылғанын бейнелейтін сөз.*

**Кемсең қақты.** *Жылағаннан иегін жоғары-төмен қозғалтты.*

**КЕМСЕҢДЕ=** ет. *Иегін ғана қозғап, үн шығармай өксіп жылау.*

**КЕМСЕҢДЕС=** ет. *Иектерін қозғап, үн шығармай жыласу; жылағансу.*

**КЕМСЕҢДЕСУ** *Кемсеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМСЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Өксіту, жылату.* **2.** *Иегін селкілдету, кемсеңдеу.*

**КЕМСЕҢДЕТУ** *Кемсеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМСЕҢДЕУ** *Кемсеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМСЕҢ-КЕМСЕҢ** елік. *Иектің дірілдеп қайта-қайта жоғары-төмен қаққанын бейнелейтін сөз.*

**Кемсең-кемсең етті**. *Үнсіз өксіп жылады.*

**КЕМСИ=** ет. *Аузы опырылу, жапырылу (тіс жоқтықтан болатын өзгеріс).*

**КЕМСИЮ** *Кемси етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМСІ=** ет. *Кем соғып қалу, кем болу.*

**КЕМСІН=** ет. **1.** *Азырқану, аз көру.* **2.** *Біреуді өзінен төмен санау, кем-кетік, мүгедек, кедей адамдарды менсінбеу сияқты адамгершілікке жатпайтын ұнамсыз мінез-құлық.*

**КЕМСІН** сын. *Кем, кемістігі бар.*

**КЕМСІНУ** *Кемсін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМСІТ=** ет. *Біреуді кемсіну; менсінбеу; төмен тұту.*

**КЕМСІТПЕ** сын. кіт. *Шын парқынан әдейі төменшіктететін, кем санайтын.*

**Кемсітпе баға белгілеу**. экон. *Тауарды шығын деңгейіндегі айырмаға қатыссыз белгіленген (дискриминациялық) бағамен сату.*

**КЕМСІТУ** *Кемсіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төмен санау, қорлау, менсінбеу.* **2.** экон. *Сыртқы саудадағы тәртіп, шектеу.*

**КЕМСІТУ** зат. саяси. *Алалау, басқа елдің заңды тұлғаларына сол елдің тұлғаларына қарағанда жағдай жасамау.*

**КЕМСІТУШІЛІК** зат. *Кем санаушылық, төмен тұтушылық.*

**КЕМСІТІЛ=** ет. *Кем саналу, төмен бағалану.*

**КЕМСІТІЛУ** *Кемсітіл етістігің қимыл атауы.*

**КЕМТАР** сын. **1.** *Жарымжан, мүгедек; кемістігі бар.* **2.** *Тапшы, жетімсіз; мұқтаж.*

**КЕМТАРЛАУ** сын. *Кемдеу, кемістігі барлау.*

**КЕМТАРЛЫҚ** зат. *Мүгедектік, жарым жандық, ағзаның қалыпты құрылысының іштен кем болып тууы.*

**КЕМТАРШЫЛЫҚ** зат. *Жетіспеушілік, тапшылық, мұқтаждық.*

**КЕМТІК** зат. *Кем-кетік, кемістік, жетімсіздік.*

**Кемтігі бітелді.** *Жағдайы түзелді, оңалды.* **Кемтігін толтырды.** *Жетпей жатқан жағын жетілдірді.*

**КЕМТІКСІЗ** сын. *Кем-кетіксіз, кемшіліксіз.*

**КЕМУ** *Кемі етістігінің қимыл атауы; азаю, кеми беру.*

**КЕМШІЛ** сын. **1.** *Кеміс, жарымжан.* **2.** *Жетпей жатқан, жетіспеген, кем.*

**КЕМШІЛДЕУ** сын. *Аздау, кемдеу.*

**КЕМШІЛІК** зат. **1.** *Кемістік, олқылық.* **2.** *Қателік, әбестік, білместік.* **3.** *Жоқшылық, мұқтаждық, тапшылық.*

**Кемшілігін көрсетті.** *Кем, олқы жерін айтты, тура жолға салды.* **Кемшілікті жойды.** *Іс-әрекеттегі оғаштықты, олқылықты жөндеді, түзеді.* **Кемшілік келді.** *Нұқсан тиді, зиян болды.* **Кемшілік көрді.** *Жоқтықтың азабын тартты, қиыншылық көрді.*

**КЕМШІЛІКСІЗ** сын. **1.** *Кем-кетіксіз, қателіксіз.* **2.** *Тапшылықсыз.*

**КЕМШІН** зат. **1.** *Кемшілік, жетімсіздік, жетіспестік.* **2.** *Төмен, аз; тапшы.*

**КЕМІ=** ет. **1.** *Азаю, кем тарту.* **2.** *Төмендеу, бәсең тарту.*

**Кемімен дөңгелектеу.** математикалық. *Кемімен дөңгелектенетін санның оң жағындағы барлық цифрларының алынып тасталуы.*

**КЕМІК** зат. *Сүйектің кеміруге болатын жұмсақ майлы жері.*

**Кемік жілік.** жерг. этн. *Тоқпан жілік.* **Кемік сүйек.** *Жұмсақ майлы сүйек.*

**КЕМІКТЕЛ=** ет. *Кемік тарту, мүжілу.*

**КЕМІКТЕЛУ** *Кеміктел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІНДЕ** үст. *Кем дегенде, аз дегенде.*

**КЕМІР=** ет. **1.** *Сүйектің кемігін мүжу.* **2.** *Бір нәрсені күрек тістерімен қажау.* **3.** *Микробтың сүйекті ШІРІТУІ.* **4.** ауыс. *Жегідей жеу; мазалау.* **5.** ауыс. экспр. *Оқу.*

**КЕМІРГІШТЕР** зат. зоол. <лат. rodentia> *Кемірушілер тобы; сүтқоректілер класының ең көп тараған тобы.*

**КЕМІРЕК** сын. *Азырақ, аздау.*

**КЕМІРТ=** ет. **1.** *Мүжіту, жегізу, қажалату.* **2.** ауыс. *Жегідей жегізу, мазалату.*

**КЕМІРТУ** *Кемірт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІРУ** *Кемір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІРУШІ** сын. зоол. *Өсімдіктерді кеміретін (жан-жануар, жәндік).*

**КЕМІРІК** зат. сөйл. ***Кемік.***

**КЕМІРІЛ=** ет. *Мүжілу, қажалу.*

**КЕМІРІЛУ** *Кеміріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІС** сын. **1.** *Аз, аздау, кем, жетімсіз.* **2.** *Бір жерінің кемшілігі бар, мүкісі бар.* **3.** *Мүгедек, жарымжан, кәріп.*

**Кеміс көрді**. *Жеткіліксіз деп санады.*

**КЕМІСТЕУ** сын. *Аздау, кемдеу, тапшылау.*

**КЕМІСТІК** зат. **1.** *Кемдік, мүкістік, кемтарлық.* **2.** *Кемшілік, әбестік, қателік.*

**КЕМІСТІКСІЗ** сын. *Кемшіліксіз, мүлтіксіз.*

**КЕМІТ=** ет. **1.** *Азайту, шектеу.* **2.** ауыс. *Кем деп білу, кем санау; менсінбеу.*

**КЕМІТТІР=** ет. **1.** *Азайттыру, шектеу, төмендеттіру.* **2.** ауыс. *Кем санаттыру, қорлаттыру.*

**КЕМІТТІРУ** *Кеміттір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІТУ** *Кеміт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕМІТУШІ** зат. *Азайтушы, төмендетуші.*

**КЕМІТУШІЛІК** зат. *Азайтушылық, төмендетушілік.*

**КЕМІТІЛ=** ет. *Азайтылу, төмендетілу.*

**КЕМІТІЛУ** *Кеміміл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕН**[1] зат. **1.** *Жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазбалар, руда.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің мол жері, қайнаркөзі. // Өте бай, мол.* **3.** ауыс. *Байлық, асыл қазына. // Асқан дана, данышпан, кемеңгер. // Шебер, алдына жан салмас білгір.*

**Кен ашу жұмыстары**. геол. *Кенді қазу мақсатында жер бетінен кен қабатына дейін не оның бір бөлігіне жету үшін және кен алынатын забойларға дейін күрделі және дайындық қазбаларын жүргізу.* **Кен бағанасы**. кен. *Кен жартымсыз өңірде сол кенмен қаныққан, пішіні бағанаға ұқсас шоғыр түрінде ерекшеленетін дене.* **Кен байлығы.** *Жерасты қазбалары, кен көзі.* **Кен байыту**. кен. *Бостау жыныстарынан пайдалы минералдарды бөліп алу мақсатында минералдық шикізаттарды алдын ала өңдеу жұмыстарының жиынтығы.* **Кен байыту әдістері**. *Кеннен бағалы минералды олардың сапалық айырмашылықтары негізінде бөліп алу әдістері.* **Кен байыту комбинаты.** *Кенді сапаландырып өндіру комбинаты.* **Кен білінімдері.** кен. *Сапасы мардымдылық талаптарына шамалас болғанымен, мөлшері тұрғысынан қазіргі уақытта игеруге келмейтін минералды шикізаттың шағын шоғырлары.* **Кен бітімі**. *Кентүзуші әртүрлі минералдық агрегаттардың кеңістіктегі арақатыстылығымен және бағыттылығымен сипатталатын кенді массаның құрылыс ерекшеліктері.* **Кен ғылымы.** *Кен қазуда қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ету, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру, таужыныстарда қазбалар жүргізуде кездесетін физикалық құбылыстар мен кен орындарының табиғи бітімі жөніндегі ілімдер.* **Кен денесі**. *Жер қыртысындағы кен шоғырының физикалық пішіні.* **Кендер жіктемесі.** *Кендерді минералдық және химиялық құрамына, құрылымдық және бітімдік ерекшеліктеріне, физикалық қасиеттеріне қарай кластарға, топтарға, типтерге және түрлерге бөлу.* **Кендердің жеодалық бітімі.** *Бос кеңістіктің қабырғасынан центрге қарай кристалдық агрегаттар концентрлі өскен көптеген жеодалардың болуы.* **Кендердің құрылымы**. *Кенді түзетін түйірлердің пішінімен, мөлшерімен және олардың арақатынастылығымен айқындалатын минералдық агрегаттар құрылысы.* **Кендердің сеппелік бітімі**. *Негізгі кенді емес массадағы кенді минералдар түйірлері немесе олардың агрегаттарының шашырандылары болуымен сипатталатын бітім.* **Кендердің сферолитті құрылымы**. *Радиосәулелі құрылысты, әртүрлі мөлшерлі сферолиттен тұратын кен құрылымы.* **Кендердің торлы құрылымы**. кен. *Соңғы түзілген жіңішке кенді желілер минералдарының одан бұрынғыларымен қиылысып, торлама дамуымен сипатталатын құрылым.* **Кенді ашық әдіспен қазу жүйесі**. кен. *Карьерлердің өндірістік қуатына сәйкес кен ашу, кен қазу жұмыстарын тиімді және қауіпсіз тәсілмен жүргізу, қазба байлық қорын ысырапсыз пайдалану тәртібі.* **Кен екшеу**. кен. *Кенді екшеу арқылы бөлшектерінің ірілігіне қарай сұрыптау жұмысы.* **Кен жалбырлары**. кен. *Домалақ, эллипсоид ті немесе бұрыс пішінді кішігірім кен шоғырлары мен таберіштері.* **Кен жұмыстары**. кен. *Пайдалы қазылымдарды қазып алу және кені алынған кеңістікті қалпында сақтау, шегендеу және үңгілеу сияқты жұмыстардың жиынтығы.* **Кен кесектілігі**. кен. *Массивтен бөлінген кен массасының түйіршіктік құрамы, яғни ондағы мөлшері әртүрлі кесектердің сандық немесе көлемдік арақатынасы.* **Кен комбайны.** кен. *Пайдалы кен шоғырынан кен бөліп алу және оны көлікке тиеу жұмыстарын бір мезгілде орындайтын күрделі машине.* **Кен қабаты**. кен. *Жер қойнауындағы қазба байлықтың орналасу қалпы, оның қалыңдығы мен ұзындығы және тереңге бойлау өлшемдері.* **Кен қазбалары.** кен.

*Жер қойнауынан қазып алынатын байлық; кен қоры, руда.* **Кен қазу жұмыстары**. кен. *Белгілі әдістерді және жүйелерді қолдана отырып, әртүрлі мәшине-механизмдердің көмегімен кенді қазып шығару жұмыстарының жиынтығы.* **Кен қасиетін біркелкілеу**. кен. *Кеннің байытылуын және технологиялық көрсеткіштерді белгілі деңгейде тұрақтандыру үшін кен қасиетін біркелкі деңгейге келтіру.* **Кен қаттылығы**. кен. *Кеннің ұсату және ұнтақтау жұмысына мейлінше әсер ететін физикалық қасиеті.* **Кен қорғау**. кен. *Қазба байлықты ысырапсыз пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы.* **Кен қоры**. кен. *Кен орнын барлау немесе игеру кезінде анықталған кен мөлшері.* **Кен құбыры.** кен. *Кенсіз бүйір таужыныстар арасынан ұшырасатын құбыр пішіндес кенді дене.* **Кен құлату**. кен. *Қазылып алынатын кеннің өзі әрі оның үстіндегі таужыныстары онша берік болмаған жағдайларда жер астынан кен қазып алу үшін пайдаланылатын әдіс.* **Кен линзасы.** кен. *Линза тәрізді кенді дене.* **Кен массасын тасымалдау**. кен. *Аршылым таужыныстары мен пайдалы қазылымды забойлардан тиісінше үйінділерге және тұтынушыларға (байыту фабрикалары, электрстансылар және т.б.) қабылдау пункттеріне немесе қоймаларға ауыстыру.* **Кен мәшинелері**. кен. *Кен массасын қопару, тиеу, жеткізу, тасымалдау, әртүрлі мақсатпен қазбаларды жару, шегендерді орнату, кені алынған бос кеңістікті толтырмалау үшін арнайы қолданылатын мәшинелер.* **Кеннен сынама алу**. кен. *Кен орындарының әртүрлі нүктелерінен пайдалы қазбалардың белгілі мөлшердегі үлесін алып, оның қасиеттері мен сапасын зерттеу жұмысы.* **Кеннің жабысқыштығы**. кен. *Кеннің ауырлық күштерінің әсерінен сусымалық қалпынан біршама тұтастылық күйге ауысуы.* **Кеннің жиынтық құндылығы**. кен. *Кен құрамында кездесетін барлық құрамбөліктерді есепке алғандағы кеннің жиынтық құндылығы.* **Кеннің заттық құрамы**. кен. *Кеннің және одан алынатын өнімдердің ең басты сипаттамасы, заттық құрамы.* **Кеннің тотығу зонасы**. кен. *Кеннің құрамы тұрақсыз минералдарының жербеті сулары мен грунт суларының, сондай-ақ осы суларға еріген және атмосферадағы оттек пен көмірқышқыл газының әсерінен химиялық өзгерістерге ұшыраған, жер бетіне таяу жатқан бөлігі.* **Кеннің ұнтақталғыштығы**. кен. *Кеннің физикалық-механикалық қасиеті.* **Кен оймасы**. кен. *Жер бетінен төмен қарай ұзындығы (2-7 км) енінен (200-300 м) едәуір артық болып қазылған карьер.* **Кен орны.** *Құрамында түрлі минерал бар, экономикалық жағынан өндіруге тиімді пайдалы қазбалар шоғырланған жер қойнауының аумағы.* **Кен орны морфологиясы**. кен. *Кен орнының немесе оның жеке денелерінің пішіні.* **Кен орындары.** кен. *Құрамында бірнеше минерал бар, экономикалық жағынан өндіруге тиімді пайдалы қазбалардың жер қойнауының белгілі бір аумағында шоғырлануы.* **Кен орындарының моруы**. кен. *Кен орындарының жер бетіне жақын бөліктерінің мору процестері әсерінен химиялық бүліну арқылы өзгеруі.* **Кен өнеркәсібі**. кен. *Кен қазу өндірісі; пайдалы қазбалардың кен орнын барлауға, оларды жер қойнынан өндіруге және бастапқы өңдеуге байланысты өндіріс салаларының кешені.* **Кен сапашегі**. кен. *Кен байлықтарының саны мен сапасына қойылатын талаптардың жиынтығы.* **Кен сұрыптау.** кен. *Сұрыпталатын кен массасынан кеннің немесе бос таужыныстардың кесектерін алу процесі.* **Кен типтері**. кен. *Кен орындарға тән кендердің жіктелу түрлері.* **Кен торабы**. кен. *Кенді аймақтың немесе кенді белдемнің жеке-дара бөлшегі болып табылатын, өз шендестеріне қарағанда әлдеқайда мол минералданған түрлі пішінді кенді алаптар.* **Кен түзілу**. кен. *Кенді заттардың қозғалмалы орталар (магма балқымалары, сулы және газды-сулы ерітінділер, газдар) есебінен түзілу процесі.* **Кен түзілу жағдайлары**. кен. *Кен түзілу процесін, оның жылдамдығын, минералдық паргенезистер сипатын, кендердің дербестелу пішіндерін және т.б. анықтайтын жағдайлар.* **Кен түсіру**. кен. *Кеннің ұсақтау, ұнтақтау, байыту және т.б. операциялар үшін байыту фабрикаларына белгілі бір әдістермен түсірілуі.* **Кен ұсату.** кен. *Кеннің ірі кесектерін бөлшектеп, көлікке тиеуге және тасымалдауға ыңғайлы қалыпқа келтіру.* **Кен шоғыры**. кен. *Жер қыртысының нақтылы өңірлерінде жинақталған, кіріктіруші таужыныстардан анық ерекшеленетін кенді денелер.* **Кен штогы**. кен. *Тұтас дерлік немесе тұтас тұлғалы кенді дене; көлденеңі әдетте ондаған метр болады.* **Кен ісі**. *Жер қойнауынан пайдалы қазылымдарды алу (өндіру) және оларды өңдеу жұмыстарын қамтитын ғылым мен техника салалары.*

**КЕН**[2] зат. жерг. *Аласа, жалпақ етіп, сәкі тәріздендіріп жасалатын үй іші ошағы.*

**КЕН**[3] зат. жерг. *Темір пештің мұржасы, құбыры.*

**КЕНАЙЫ** зат. жерг. *Жеңге.*

**КЕНАУЫЗ** зат. көне. *Матаның бір түрі.*

**КЕН-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Кен өндіру, байытуға әрі геологиялық жұмыстарға қатысты.*

**Кен-геологиялық процестер**. *Пайдалы қазылымдар кен орнын ашық, жерасты және ұңғымамен қазып алу барысында геологиялық және технологиялық факторлардың бірдей әсер етуі салдарынан таужыныстар массивінде пайда болатын өзгерістердің заңдылығы мен жүйелілігі.*

**КЕНГУРУ** зат. <лат. kangaroo> *Сүтқоректі, артқы аяқтары ұзын, қалталы жануар.*

**КЕНДАЛА** зат. кәс. *Көзінің кеңдігі 8 см-дей аудың бір түрі.*

**КЕН-ДАЯРЛАУ: кен-даярлау жұмыстары.** кен. *Ашық әдіспен қазған жағдайда – карьерді дайындау мен пайдалану кезеңінде орындалатын күрделі және жарма орларды (немесе қазаншұқырлар) үңгілеу жөніндегі кен жұмыстары.*

**КЕНДЕ** сын. *Тапшы, мұқтаж.*

**Кенде емес.** *Құр емес; жеткілікті, баршылық.* **Кенде қалды.** *Кейін қалды, мақұрым қалды; кешікті.*

**КЕНДЕ** = ет. *Кен аршу, қазу.*

**КЕНДЕКТЕ=** ет. жерг. *Уыстау.*

**КЕНДЕЛІК** зат. **1.** *Тапшылық, мұқтаждық.* **2.** *Аздық, аз болушылық.*

**КЕНДЕНУ** *Кенден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таужыныстарда кенді минералдардың ұшырасуы.* **2.** *Таужыныстарда кенді минералдар пайда болатын процесс.*

**Кендену бейімділігі**. кен. *Кен құрамының нақтылы бағытта заңды түрде өзгеріп отыруы.* **Кенденуді бақылау**. кен. *Кендердің процесін геологиялық (металлогендік) тұрғыдан қамтамасыз ететін факторлар жиынтығы.* **Кендену жиексәулесі**. кен. *Кен орнының кен сыйыстырушы таужыныстарында, оның жабынындағы борпылдақ шөгінділерде, топырақта, жерасты мен жерүсті суларында, өсімдіктер мен жануарлар организмдерінде, атмосфера мен ауа тозаңдарында сол кен орнына тән химиялық элементтердің шамадан көп мөлшерде кездесуі.* **Кендену қарқындылығы**. кен. *Өндірістік маңызы бар нысандардың шығу пайызы немесе кен көзінің орташа мөлшері.*

**КЕНДО** зат. спорт. *Қазіргі жекпе-жек спорт түрлерінің бірі болып табылатын жапондардың дәстүрлі әскери дайындығының бір түрі.*

**КЕНДІ** сын. *Кені бар, кені мол.*

**Кенді алаң**. геол. *Шығу тегі мен жаралу уақыты жағынан ұқсас, белгілі бір геологиялық объектіге орайлас рудалы кен орындары бар сараланған алаң.* **Кенді алқап.** *Үлкенді-кішілі кен орындары шоғырланған өңір.* **Кенді аудан**. кен. *Металлогендік аймақтың (атыраптың, белдемнің) біршама шағын бұрыс пішінді кенкіріктіруші бөлігі.* **Кенді белдем**. кен. *Геологиялық құрылыс ерекшеліктері тұрғысынан нақтылы кен пішіндері мен түрлерін кіріктіруге мейлінше бейім ауқымды аймақ-құрылымдық-металлогендік белдемдердің, кенді атыраптар мен аудандардың бір бөлігі.* **Кенді белдеу**. кен. *Қандай да бір геологиялық құрылымды бойлай орналасатын (кейде мыңдаған км) рудалы кен орындар тізбегі.* **Кенді дене**. кен. *Кез келген пішіндегі (желілер, линза, шток, қойнауқат және т.б. пішіндер) кен шоғырының жиынтық атауы.* **Кенді ерітінділер**. кен. *Кенді құрамбөліктердің бір орнынан екінші орынға қозғалуын және түзілуін қамтамасыз ететін қойнаулық ерітінділердің жалпылама атауы.* **Кенді масса**. кен. *Кенді қопарғанда және тиегенде араласуы нәтижесінде пайда болған кен мен бос таужыныс қосындысы.* **Кенді шаң**. кен. *Кеннің ұсақ фракцияларынан шығатын шаң.*

**КЕНДІК** сын. *Кен ісіне тән, кен өндіру жұмыстарына қатысты.*

**Кендік құтқару жабдықтары**. *Жерасты апатын жойып, адамдарды құтқаратын бөлімнің қолданатын арнаулы жабдықтары.* **Кендік құтқару ісі**. *Кен ісінің адамдарды аман сақтап қалудың ғылыми негіздерін, техникасы мен ұйымдастырылуын, сондай-ақ жерасты апаттарына жол бермеу және жою шараларын қамтитын саласы.*

**КЕНДІҢГЕК** зат. кен. *Шахтадағы жұмыс қауіпсіздігін сақтау үшін пайдалы қазындының жер астында біржола немесе уақытша қалдырылып, тіреу ретінде пайдаланылатын бөлігі.*

**КЕНДІР** зат. **1.** өс. <лат. apocynum> *Сабақтарының талшығынан әр алуан арқан, жіп есілетін, дәнегінен май алынатын өсімдік.* **2.** *Кендірден иіріліп жасалатын жіп, арқан т.б.*

**Кендір арқан.** этн. *Кендір өсімдігінің сабағынан есіп жасалған жуан, қатты жіп.* **Кендір талшығы.** тех. *Кендір тұқымдас өсімдік талшықтарынан алынатын зат.* **Кендір тұқымдасы**. өс. <лат. apocynaceae> *Қос жарнақты, құрамында сүт түсті ақшыл шырыны бар ағаш, бұта немесе шырмауық өсімдік.* **Кендірі кесілді [үзілді]**. *Аштықтан әл-дәрмені құрып, титықтады, көтерем болды.* **Кендірін кесті**. *Жүйкесін құртты, әлін кетірді.*

**КЕНДІРАҒАШ** зат. жерг. *Жөке.*

**КЕНДІРЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. datiscaeae> *Ағаш немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**КЕНЕ**[1] зат. зоол. <лат. acarina> *Жан-жануарлардың қаны мен өсімдіктердің сөлін соратын паразит жәндік.*

**Кене басу.** малшар. этн. *Кенелеу.* **Кене басы қалу.** *Мал денесін кенеден тазалаған кезде тері астында жұлынып қалған басының сол жерді жараға айналдырып ірің деуі.* **Кене буды.** *Терінің қан-сөлін сорып, уытын жайған кезде ірің ағып, жазылмайтын жараға айналды.* **Кене жауу.** *Кенелердің ауа арқылы ауысуы, жұғуы.* **Кене жеу**. *Малды сорып, терісін жаралап, қотыр етіп, жыбырлатып қышыту.* **Кене кіру**. *Мал терісіне кененің басын тығып соруы.* **Кене сору.** *Кененің малдың қанын сорып жүдететін, арықтатып өлтіруге соғатын апат.* **Кенесі түсу.** *Әбден тойған кененің малдан өздігінен түсіп қалуы.* **Кене түсу**. *Малдың кенелеп кетуі, кене басу.* **Кене энцефалиті** ауру. <лат. encephalitis acarinarum> *Кене арқылы тарайтын ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын тудырып, орталық жүйке жүйесін қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру.*

**КЕНЕ**[2]**: даусын кенеді**. сөйл. ***Тамағын кенеді.***

**КЕНЕ**[3] зат. жерг. *Мал қамау үшін қамыстан жасалған қора.*

**КЕНЕ**[4]**=** ет. *Мол етіп кезіктіру; қарық қылу.*

**КЕНЕГЕ** [ор. книга] зат. сөйл. ***Кітап.***

**КЕНЕДӘН** зат. өс. <лат. ricinus> *Сүттіген тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**КЕНЕДЕЙ** сын. *Кішкентай, титтей, құрттай.*

**Кенедей жабысты.** *Қадалып, айырылмай қойды.* **Кенедей қадалды**. *Қадалған жерден қан алды, жабыса кетті, ұстай қатып, тістей жатты.*

**КЕНЕЖАРА** зат. *Теріде кене тістегеннен пайда болған жарақат.*

**КЕНЕЗЕ** зат. **1.** *Жердің үстіңгі қабаты, қыртысы.* **2.** *Тері, қыртыс.*

**Кенезесі кепті**. *Қатты шөлдеді; аузы құрғады, сусады.*

**КЕНЕЙ**[1] зат. ойын. *Асық ойынында ұпайға тігілетін кішігірім асық.*

**КЕНЕЙ**[2]**: кеней домбыра.** *Ертеден келе жатқан, ежелден пайдаланылып келе жатқан домбыра.***Кенейі түгел**. *Бәрі де орнында, ешбір олқылығы жоқ, кемшіліксіз.*

**КЕНЕҚОТЫР** зат. *Кене сорған жерде пайда болған жара.*

**КЕНЕҚҰРТ** зат. *Тері астында кенеден қалған уыт [теріні ісіреді, қышытады, қан-сөлді бұзады, малға індет жұқтырады].*

**КЕНЕЛ=** ет. *Байып қалу, қарқ болу.*

**Кенеліп қалды**. *Молшылық болды, байлыққа батты.*

**КЕНЕЛДІР=** ет. *Қарқ қылу, байыту, рақаттандыру.*

**КЕНЕЛЕ=**ет. малшар. этн. *Мал денесінде кене пайда болып, қышынып, терісінің бүлініп, арықтай бастауы.*

**КЕНЕЛЕГІШ** сын. *Кенелеп кеткіш, кене басқыш.*

**КЕНЕЛЕУ** *Кенеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЕЛТ=** ет. *Байыту, жарыту, қарқ қылу.*

**КЕНЕЛТУ** *Кенелт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЕЛУ** *Кенел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЕН** сын. **1.** *Кеңпейіл, дарқан.* **2.** *Өте кең, мол.* **3.** *Терең, бай (ойлы).*

**КЕНЕП** зат. **1.** өс. *Біржылдық талшықты өсімдік.* **2.** *Кендір мен зығыр талшықтарынан тоқылған мата.* **3.** *Кескіндеме салуға арналып, матадан керілген негіз.*

**Кенеп алаша.** *Кенеп жіптен тоқылып жасалатын алаша.* **Кенеп дорба.** *Кенептен істелген қалта, кішкентай қапшық.*

**КЕНЕПТҮСТІ: кенептүсті иткендір.** өс. <лат. euratorium cannabinum>. *Күрделігүлдер тұқымдасына иткендір туысына жататын өсімдіктің бір түрі.*

**КЕНЕПШӨП** зат. өс. <лат. cannabis> *Тұт тұқымдасына жататын біржылдық талшықты өсімдік* (ҚҰЭ).

**Кенепшөп тәрізді иткендір.** өс. *Кенептүсті иткендір.*

**КЕНЕР** зат. сөйл. ***Кенере.***

**КЕНЕРЕ**[1] зат. *Жиек, жаға, ернеу, кемер.*

**КЕНЕРЕ**[2] зат. *Үй қабырғасының шатырмен жанасар жеріндегі біршама шығыңқы үстіңгі шеті.*

**КЕНЕРЕЛЕ=** ет. *Жағалау, жиектеу.*

**КЕНЕРЕЛЕС** сын. *Бір кенереде жатқан, жағалаулы бір, жиектес.*

**КЕНЕРЕЛЕУ** *Кенереле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЕРЕЛІ** сын. *Кенересі бар, жиекті.*

**КЕНЕРЕЛІК** зат. *Еден мен қабырғаның жапсарындағы саңылауды жауып тұратын құрылыс бөлшегі.*

**КЕНЕРЕСІЗ** сын. *Жиексіз, жағасыз,*

**КЕНЕРЛЕ=** ет. сөйл. ***Кенереле.***

**КЕНЕТ** үст. *Күтпеген жерден, ойда жоқта, аяқ астында, кенеттен.*

**КЕНЕТТЕН** үст. *Күтпеген жерден, ойда жоқта, аяқ астынан, қапелімде, кенет.*

**КЕНЕУ**[1] *Кене етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЕУ**[2] зат. *Күш, қуат, қауқар, нәр, құнар.*

**Кенеуі кем [жоқ].** а) *Жұғымдылығы, сіңімділігі жоқ, күші жоқ, дәмсіз (тағам).* ә) *Бейберекет.* **Кенеуі кетті.** *Бүлінді; азып-тозды, ұсқыны қашты, берекесі кетті.*

**КЕНЕУЛІ** сын. **1.** *Қуатты, күшті, нәрлі.* **2.** ауыс. *Бағалы, құнды, маңызды.*

**КЕНЕУЛІЛІК** зат. *Қуаттылық, нәрлілік, жұғымдылық.*

**КЕНЕУСІЗ** сын. **1.** *Қуатсыз, күшсіз, нәрсіз, жұғымсыз.* **2.** ауыс. *Мәнсіз, мағынасыз, маңызсыз.*

**КЕНЕШЕ** үст. *Кене тәрізді, кене секілді.*

**Кенеше жабысты [қадалды].** *Жармасып қатып қалды, айырылмады.*

**КЕНЕШІК** зат. *Кішкене кене.*

**КЕНЖЕ** сын. *Ең соңынан туған (бала).* // зат. *Жасы кіші, кейінгі, соңғы ұл, қыз.* // *Кейінде, кештеп, соңынан.*

**Кенже жетім бота**. *Мерзімінен кеш туған, әрі жетім қалған бота.* **Кенже қалды**. *Қатардан кейін, артта қалды, кешеуілдеді.* **Кенже орым**. *Жоңышқаның қайта көктегенінде соңғы рет шабылуы.* **Кенже тайынша бұқа.** *Піштірілмеген еркек бұзаудың бір жасқа жетпегені.* **Кенже тоқты.** этн. *Ұрғашы қозының қошқарға кеш шағылысып, бір жасында (май айының аяғында не маусым, шілде айларының ішінде) төлдегені және кенже туған қозының алты айдан асқаны.*

**КЕНЖЕЛЕ=** ет. **1.** *Кешігу, кешеуілдеу, кейіндеу; уақыты өтіп кету.* **2.** *Артта қалу, қатарынан кейін қалу.*

**КЕНЖЕЛЕТ=** ет. *Кешеуілдету, кешіктіру, кейіндету.*

**КЕНЖЕЛЕТУ** *Кенжелет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЖЕЛЕУ**[1] *Кенжеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНЖЕЛЕУ**[2] сын. *Кейіндеу, кештеу.*

**КЕНЖЕЛЕУШІЛІК** зат. *Кешігушілік, артта қалушылық.*

**КЕНЖЕЛІК** зат. **1.** *Кенже тұғандық, кенже бала болушылық.* **2.** ауыс. *Кешіккендік, кейін қалғандық.*

**КЕН-КӨЛІК** сын. *Кен қазу ісіндегі көлікке қатысты.*

**Кен-көлік кешені**. кен. *Негізгі (бас) мәшиненің ең жоғарғы өнімділігін (өндіру немесе аршу) қамтамасыз ететін және қазып алудан (экскавациялаудан) тиеуге немесе үйінді жасауға дейінгі барлық өндірістік процестерді жүзеге асыратын мәшинелерінің жиынтығы.*

**КЕНКІРІКТІРУШІ** сын. кен. *Кен пайда болатын, кен жасалатын кенді кіріктіретін.*

**КЕНҚАЙРАҢ** зат. кен. *Құрамында пайдалы құрамдас бөліктері бар ұсақталған тау жыныстарының жер бетіндегі жиынтығы.*

**Кенқайраң кен орындары**. кен. *Түпкілікті таужыныстардың физикалық морылуы, оларға әртүрлі факторлардың химиялық әсері негізінде пайда болған, осының нәтижесінде түпкілікті таужыныстар ірілігі әртүрлі кесектерге ыдыраған не балшыққа айналған кен орындар.*

**КЕНҚҰДЫҚ** зат. кен. *Кенді өз массасының әсерімен түсіруге арналған тік не еңіс қазба, не кені алынған кеңістіктің бөлігі.*

**КЕНОРЫН** зат. кен. *Пайдалы қазбалар өндірілетін жер.*

**КЕНСЫРҒЫТПА** зат. кен. *Кен массасын өз салмағы әсерімен тасымалдау үшін табиғи еңісті таулы жерде орналасқан карьерлерді қазба.*

**КЕНТ** [ир. كنت] зат. көне. *Қала, шаһар.*

**КЕНТАВР** [грек. kentauros] зат. миф. *Грек мифологиясындағы денесі ат, төсі мен басы адам мүсіндес жануар.*

**КЕНТАЙ** зат. этн. *Кішкентай асық, кеней.*

**КЕНТАС** зат. кен. *Құрамында металл немесе металдардың қосылыстары бар, өнеркәсіптік пайдалануға жарамды минералдық шикізат.*

**КЕН-ТЕХНИКАЛЫҚ** сын. тех. *Пайдалы қазылымдар мен оның техникалық жағына қатысты.*

**Кен-техникалық факторлар**. *Пайдалы қазылымдар, кен орнын қазу әдісін сандық және сапалық жағынан сипаттау.*

**КЕНТТІ** сын. *Қалалы, шаһарлы.*

**КЕНТТІК** сын. *Қалалық, қалада тұратын.*

**КЕНТШЕ** үст. *Кенттікі тәрізді, қалаша.*

**КЕНТІРЕК** зат. кен. *Пайдалы қазылым қатарының (шоғырларының) кен орынды қазу барысында уақытша алынбайтын немесе алынбаған бөлігі.*

**Кентіректерді алу**. кен. *Уақытша қалдырып кеткен кентіректердегі пайдалы қазылымдарды толығымен немесе жарым-жартылай алу.*

**КЕНТІРЕКСІЗ** сын. кен. *Кентірек қалдырмаған.*

**Кентірексіз технология**. кен. *Дайындық қазбаларын сақтау үшін көмірден (таужыныстардан) кентірек қалдырмай-ақ тазалап, қазып алу жұмысын жүргізу технологиясы.*

**КЕНҮККІШ** зат. тех. *Тау-кен өндірісінде қолданылған құрал.*

**КЕНҮҢГІР** зат. кен. *Тау-кен ісінде, шахта ішінде әртүрлі техникалық мақсаттарға арналып жасалатын ені мен ұзындығы бір-біріне шамалас кең қуыс.*

**КЕНШУ** *Кенші етістігінің қимыл атауы.*

**КЕНШІ** зат. *Кен қазушы.*

**КЕНШІ=** ет. *Тұрмысы жақсару, кеуілік-өтерілу, жоғарылау.*

**КЕНШІЛІК** зат. *Кен қазушылық.*

**КЕНШІТ=** ет. *Қуанту, жарылқау.*

**КЕНІШ** [ар. كنز] зат. **1.** *Жер қойнауынан пайдалы қазба байлықтар өндіретін кәсіпорын.* **2.** ауыс. *Береке, байлық, молшылық.*

**Кеніш апатынан құтқару.** кен. *Шахта қызметкерлері мен құтқару бөлімдері орындайтын арнайы жұмыстар.* **Кеніш ауасы**. **1.** *Кен қазбаларын толтыратын газдар мен булар қоспасы.* **2.** *Кен қазба ларына жер бетінен келіп түсетін және жолай құрамында әртүрлі өзгерістер болатын атмосфералық ауа.* **Кеніш ауасын кондициялау**. кен. *Шахтада (қазбаларда) сыртқы факторларға (ауа райы, жыл мезгілі) және ішкі факторларға (адамдардың болуы, жылу көздері, ылғалдылық, әртүрлі газдардың, шаңның болуы) қарамастан, ауаның құрамы мен қалыпты күйін сақтайтындай шаралар кешені.* **Кеніш газдары**. кен. *Пайдалы қазылымға не оны сыйыстырушы таужыныстарға ілеспе табиғи газдар және технологиялық газдар.* **Кеніш жарығы**. кен. *Кен қазып алу жұмыстары кезінде қолайлы жағдай жасау мақсатымен жарық қуатын алу, бөлу және пайдалану әдістері мен құралдарының жиынтығы.* **Кеніш өрттері**. кен. *Пайдалы қазылымдар массивінде және тікелей кен қазбаларында (жер асты, жер бетінде) тікелей пайда болатын өрттер.* **Кеніш өртін оқшаулау**. кен. *Өрт ошағын оған таза ауа жібермеу үшін жақын орналасқан қазбалардан бөліп тастау.* **Кеніштегі өрт газдары**. кен. *Өрт ошағынан не өрт телімінен бөлініп шығатын газдар.* **Кеніш электровозы.** кен. *Аккумуляторлық батареядан немесе аспалы түйіспелі сым арқылы келетін электр энергиясымен қоректенетін электрқозғалтқыштан күш алатын локомотив.*

**КЕНІШТЕЙ** сын. *Кеніш тәрізді.*

**КЕНІШТІК** сын. *Кенішке тән, кенішке қатысты.*

**Кеніштік аэрология**. кен. *Пайдалы қазылымдар кенорны өңіріндегі газдар мен жылудың табиғи жағдайларда бөлінуін, технологиялық руда газдары мен шаңының түзілу процестерін, жерасты және ашық кен қазбаларындағы ауа, газ, жылу және шаңның қозғалыстары заңдарын және бұл қозғалыстарды басқару заңдарын зерттейтін кен ғылымы саласы.* **Кеніштік геология.** кен. *Кеніш, шахта карьерлердің тұрақты және қауіпсіз жұмысын геологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін геология ғылымының бір саласы.* **Кеніштік су.** кен. *Кен орындарын игеруге байланысты тау-кен қазындыларында жиналатын жерасты суы.*

**КЕҢ**[1] сын. **1.** *Мөлшерден тыс, мол; тар емес.* **2.** *Көлемді, аумақты, үлкен.* **3.** *Ұшы-қиыры жоқ; ұшан-теңіз, шетсіз, шексіз.* **4.** ауыс. *Кешірімді, мейірбан, қолы ашық, жомарт.*

**Кең байтақ**. *Ұшан-теңіз, шексіз.* **Кең байтақ жер**. *Кең жазық, үлкен өлке.* **Кең балақ, жалпы етек.** *Қолынан іс келмейтін, олақ, салдыр-салақ (әйел).* **Кең білімділік.** *Қандай да бір іс немесе*

*ғылым саласы бойынша терең де жан-жақты хабардар болғандық, білімдарлық.* **Кең дала.** а) поэт. *Самарқау жатқан жазық, ұшы-қиыры жоқ тегіс жер.* ә) ауыспалы мағына. *Қазақтың киелі саналатын ұлан байтақ туған жері, қазақ жұрты.* **Кең далаға сыймағандай.** *Бастары қосылмағандай, тіл табысып, тату тәтті бола алмағандай.* Кең далаға [дүниеге] сыймады. *Өзін қоярға жер таппады, не істерін білмеді.* **Кең далалы.** поэт. *Жазық, байтақ жері бар, жазық өңірлі.* **Кең [мол] дастарқан.** *Көп адам жиылған, дәмі мол сәнді отырыс.* **Кең дүние тар болды**. *Барар жер, басар тауы қалмады, дүниеден түңілді.* **Кең етек**. *Еш нәрсеге мән бермейтін, дарқан.* **Кең етік**. жерг. *Қыста байпақпен киетін етік.* **Кең жауырын.** *Жалпақ, жауырынды, иықты, зор денелі (адам).* **Кең жауырынды [иықты].** *Кеуделі, денесі зор.* **Кең жүрек.** *Кеңпейіл, мейірбан.* **Кең кеуде.** поэт. *Жомарт, ашық, аққөңіл.* **Кең көмей**. *Қанағатсыз, тойымсыз, обыр.* **Кең қатарлап себу**. егін-шар. *Егін аралығын 45 см шамасында себу әдісі.* **Кең қолтық.** а) *Ұзаққа шабатын жүйрік ат.* ә) *Айтыс өнерінде алдына жан салмайтын майталман айтыскер ақын.* б) *Кеңпейіл, дарқан адам.* в) *Бейқам, қамсыз, алаңсыз.* г) *Мақтаншақ, тыраш.* **Кең қоныш.** *Етек-жеңі жиылмаған, қамсыз; кеңпейіл.* **Кең қонышты.** *Етек-жеңі жиылмаған, қамсыз, кеңпейіл.* **Кең Құдай**. діни. *Кешірімді Алла, рақымды, кеңшілігі мол Тәңірі.* **Кең маңдай.** *Жазық, үлкен маңдай.* **Кең маңдайлы.** *Маңдайы кең, жазық.* **Кең маңдайшептегі қорғаныс**. әск. *Ені белгіленген нормадан асып кеткен алқаптар мен учаскелерде ұйымдастырған қорғаныс.* **Кең мінезді.** *Дарқан көңілді, жаны жайсаң.* **Кең ойлы**. *Кемеңгер, дана, данышпан.* **Кең пікірлі**. *Кең ойлап-пішетін, терең ойлайтын.* **Кең сауыр [сауырлы]**. *Сауыры жалпақ, жазық.* **Кең сауырлы.** *Ұзақ жүріске шыдамды, жүйрік ат сынының бір белгісі.* **Кең сахара**. *Кең байтақ, жазық дала.* **Кең тарататын желі**. инф. <ағыл. broadcasting network> *Желінің бір бекетінен берілген сигналды оның басқа барлық бекеттері қабылдай алатын компьютер желісі (әдетте жергілікті желі).*

**КЕҢ**[2] үст. **1.** *Кеңінен, молынан, көптеп.* **2.** *Емін-еркін, жайбарақат.* **3.** *Жан-жақты, егжей-тегжейіне жете.*

**КЕҢАЛЫМДЫ** сын. тех. *Әсер ету ауқым үлкен, аумағы кең.*

**Кеңалымды жаңбырлатқыш мәшине.** ауыл шар. *Егістік жерді себелеп суаратын мәшиненің түрі.*

**КЕҢАРНА** зат. инф. <ағыл. unidus> *Компьютердің процессоры мен оперативтік жадын, сонымен бірге басқа ішкі құрылғыларын байланыстыратын, құрамында аналық плата орналасқан бөлшегі.*

**КЕҢАУҚЫМДЫ** сын. инф. <лат. global> *Үлкен арақашықтықтағы аумақтарды байланыстыратын, қамтитын.*

**Кеңауқымды [аймақтық] желі**. инф. <лат. global network> *Бір-бірінен өте қашық географиялық аймақтарда (әртүрлі аумақтарда, мемлекеттерде, құрлықтарда) орналасқан компьютерлерді байланыстыратын желі.*

**КЕҢДЕУ** сын. *Үлкендеу, молдау, көлемділеу, кеңірек.*

**КЕҢДІК**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің көлемінің, аумағының үлкендігі, тар еместік.* **2.** ауыс. *Уақтүйекті елемеушілік, кешірімділік, мейірбандық.*

**КЕҢДІК**[2] зат. жерг. *Үйдің ішінен жасалған астық сақтайтын қойма.*

**КЕҢЕЙ=** ет. **1.** *Көлемі үлкею, молаю.* **2.** *Даму, өсу, баю.*

**КЕҢЕЙТ=** ет. *Дамыту, өсіру.*

**КЕҢЕЙТУ** *Кеңейт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢЕЙТІЛ=** ет. *Үлкейтілу, ұлғайтылу.*

**Кеңейтілген жад**. инф. <ағыл. extended memory> *Бір мегабайттық шегарадан жоғары орналасқан және тек қорғанылған режимде ғана адрестелетін жедел жад аймағы.* **Кеңейтілген мәлімдемелік модель**. инф. <ағыл. extended relation model> *Жүйеге қолайлы пән саласының барлық объектілерінің сурогаттары бар Е-доменіне үстемеленетін мәліметтердің мәлімдемелік моделі.* **Кеңейтілген мәтіндік пішім**. инф. <ағыл. Rich Text Format> *Әртүрлі стилі бар мәтіндер мен графикалық мәліметтер жазылған құжаттарды пайдалануды жеңілдету мақсатында Microsoft фирмасы жасаған стандарттар жиыны.* **Кеңейтілген отырыс.** ресми. *Белгілі бір мәселелерді шешу, жан-жақты талқылау үшін басқа да ұжым мүшелерін қатыстыру арқылы болған жиналыс.* **Кеңейтілген пернетақта**. инф. <ағыл. enhaanced> – *АТ және PS/2 модельдердің көпшілігінде қолданылатын, қазіргі заманғы стандарт болып табылатын 101/102 пернелер.* **Кеңейтілген тақша**. инф. <ағыл. extender board> *Компьютердің қызметтік мүмкіндігін арттыруға арналған, оның кеңейту слоттарының біріне қондырылған схемалық тақша.*

**КЕҢЕЙТІЛУ** *Кеңейтіл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢЕЙТІМ** зат. инф. *Файлдың түрі мен типін, форматын бірегейлендіру, анықтау үшін оның атынан кейін қосымша берілетін символдардың тізбегі.*

**КЕҢЕС**[1] зат. *Әңгіме, ақыл, пікір.*

**Кеңес берді.** *Ақыл қосты, ой салды.* **Кеңес құрды**. *Ақылдасты, пікір алысты.* **Кеңес қылды**. *Ақылдасты, әңгімелесті, әңгіме қылып баяндады.* **Кеңес сұрады**. *Ақыл сұрады, орынды пікір айтуын өтінді.* **Кеңес шертті**. *Әңгіме қозғады, сөз етті.* **Кеңес шерту.** *Әңгімелеу, сөз ету.*

**КЕҢЕС**[2] зат. *Мәжіліс, жиналыс, көпшілік болып ақылдасып, бас қосу.*

**Кеңес біріксін.** *Орта толсын деген мағынада.*

**КЕҢЕС**[3] зат. тар. *Бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік үкімет орны; Совет.*

**Кеңес елі.** тар. *Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО), совет үкіметі.* **Кеңес заманы.** тар. сов. *Кеңес өкіметінің дәуірлеп тұрған кезі; 1917-1987 жылдар аралығы.* **Кеңес Одағы.** тар. *Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, КСРО – бұрынғы Ресей империясы аумағының шегінде 1922-91 ж. болған мемлекет атауы.* **Кеңес Одағының Батыры** тар. совет. *Кеңес Одағында 1934–1991 ж. Отан үшін ерекше ерлік көрсеткен адамдарға берілген ең жоғары атақ.* **Кеңес Одағы Коммунистік партиясы** тар. совет. *Бұрынғы КСРО-дағы теориялық негізі – марксшіл-лениншіл ілім болып саналатын, түпкі мақсаты – коммунизм құру болып белгіленген билеуші саяси партия.* **Кеңес өкіметі** тар. совет. *Бұрынғы Ресей империясында Уақытша үкімет қарулы күшпен құлатылған Қазан төңкерісінен кейін орнатылған билік жүйесінің атауы.* **Кеңес үкіметі**. тар. а) совет. *Кеңес Одағындағы атқарушы орган.* ә) сөйл. *Кеңес өкіметі, елі, мемлекеті.* **Кеңес хүкіметі** тар. *Кеңес үкіметі.*

**КЕҢЕС=** ет. **1.** *Әңгімелесу, сөйлесу, сұхбаттасу.* **2.** *Бір нәрсе туралы ақылдасу, ойласу.*

**КЕҢЕСҚОР** сын. *Кеңесшіл, кеңесқұмар, әңгімешіл.*

**КЕҢЕССІЗ** сын. *Келісімсіз, ақылдаспай.*

**КЕҢЕСТЕС** сын. *Сырлас, пікірлес.*

**КЕҢЕСУ** *Кеңес етістігінің қимыл атауы; ақылдасу, пікірлесу.*

**Кеңесу бөлмесі.** ресми. *Мекемелердегі, сот орындарындағы ірі мәселелерді кеңесіп шешуге арнайы ұйымдасып, кеңесу үшін жиналатын бөлме.*

**КЕҢЕСШІ** зат. *Кеңес беруші, ақылдасушы, ақылшы.*

**Кеңесші дауыс.** саяси. *Сайланбалы органдардың немесе халықаралық ұйымдардың жұмысына кеңес беру міндеттерімен қатысу құқығы, яғни кез келген мәселелер бойынша дауыс беруге қатыспай, тек кеңес беруші ретінде ғана қатысу құқығы.* **Кеңесшілер партиясы.** спорт. *Екі жақтың да кеңесшілері бар шахмат немесе дойбы ойынының партиясы.*

**КЕҢЕСШІЛ** сын. *Кеңесқор, кеңесқұмар, ақылгөй.*

**Кеңесшіл кердеңдік.** экспр. *Кеңесқұмар шалқақтық.*

**КЕҢЕСШІЛДІК** зат. *Кеңесқұмарлық.*

**КЕҢЕСШІЛІК** зат. *Кеңес берушілік, ақыл қосушылық.*

**КЕҢЕСІЛ=** ет. *Ақылдасу, кеңесіп-пішілу, ойластырылу.*

**КЕҢЕСІЛУ** *Кеңесіл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢЕСІМПАЗ** сын. *Кеңесшіл, кеңес сүйгіш, әңгімешіл, әңгімеқұмар.*

**КЕҢЕЮ** *Кеңей етістігінің қимыл атауы.*

**Кеңею назирасы.** жерг. *Қолдану ауқымы.*

**КЕҢЖОЛАҚТЫ: кеңжолақты желі**. инф. *Бір мезгілде дауыс, бейне және мәліметтер жеткізуге мүмкіндік беретін жолағы кең технология.*

**КЕҢК** елік. *Мырс еткен қысқа дыбысты күлу не жылау кезінде дауыстың үзіліп шыққанын білдіретін сөз.*

**Кеңк етті.** *Мырс етті, қысқа дыбыс шығарып күліп жіберді.*

**КЕҢКАЛИБРЛІ** зат. әск. *Оғының диаметрі үлкен (атқыш қару).*

**КЕҢКЕЙ=** ет. *Кекірею, менменсу, бөлдену.*

**КЕҢКЕК** сын. сөйл. ***Шалқақ.***

**КЕҢКЕЛЕС** зат. *Жарымес, нақұрыс, ақылы кем, есуас.*

**КЕҢКЕЛЕСТІК** зат. *Жарыместік, ақылы кемдік, есуастық.*

**КЕҢКЕЮ** *Кеңкей етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢКИ=** ет. **1.** *Ерекше көзге түсу, шалқаю, кегжию.* **2.** *Дөңкию, оқшыраю.*

**КЕҢКИЮ** *Кеңки етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢК-КЕҢК** елік. *Қайта-қайта кеңкілдегенді білдіретін сөз.*

**Кеңк-кеңк күлді [жылады].** *Кеңкілдеді; кеңк-кеңк етіп дауыстап күлді немесе жылады.*

**КЕҢКІЛ** зат. *Күлгенде не жылағанда үзіліп-үзіліп шығатын үн.*

**КЕҢКІЛДЕ=** ет. *Кеңк-кеңк ету.*

**КЕҢКІЛДЕС=** ет. *Сөйлеу, әңгіме қылысу, күбірлесу.*

**КЕҢКІЛДЕСУ** *Кеңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢКІЛДЕТ=** ет. *Кеңк-кеңк еттіру; зар еңірету, жылату.*

**КЕҢКІЛДЕТУ** *Кеңкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢКІЛДЕУ** *Кеңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢКОЛТЫҚТЫҚ** зат. **1.** жағымды. *Қолы ашықтық, риясыздық, аққөңілділік.* **2.** жағымсыз. *Шектен тыс бейқамдық, өз мүддесіне деген немқұрайлық.*

**КЕҢҚҰЛАҚТЫ: кеңқұлақты жарқанат.** зоол. *Сүтқоректілер класы, қолқанаттылар отрядының иттұмсықты жарқанаттар тұқымдасына жататын жарқанат түрі.*

**КЕҢҚҰЛАШТЫ** сын. **1.** *Ойлы, алысқа самғайтын, терең толғайтын, парасатты.* **2.** *Ауқымды, аумаҳты.*

**КЕҢЛІК** зат. жерг. ***Кеңдік.***

**КЕҢПЕЙІЛ** сын. *Ашық-жарқын, қарапайым; қолы ашық, жомарт.*

**КЕҢПЕЙІЛДІ** сын. *Пейілі кең, ашық, жомарт.*

**КЕҢ-САЙЫЗ** сын. сөйл. *Кең-тар.*

**КЕҢСАЛҚАР** сын. жерг. *Кеңпейіл, ізгі ниетті, кешірімді.*

**КЕҢСЕ** зат. **1.** *Белгілі бір іс басқаратын орын, мекеме үйі.* **2.** <лат. cancellaria> *Іс-қағаздарын жүргізумен айналысатын, хат, жеделхаттарды қабылдап, тіркеп отыратын үлкен мекеменің бөлімі.*

**Кеңсе жиһаздары.** *Кеңсеге қоюға арналып жасалған жиһаз.* **Кеңсе қағазы.** *А-4 форматы бойынша кесілген кеңсе ісқағаздарын жүргізуге арналған ақ қағаз.* **Кеңсе қызметі.** *Мекеме қызметі.* **Кеңсе тілі**. лингв. *Ісқағаздарын*

*жүргізетін, өзіндік сөз үлгілері, штамптары мен клишелері бар ресми стиль түрі.*

**КЕҢСЕЛЕС** сын. *Кеңсесі бір, бір кеңседе істейтін.*

**КЕҢСЕЛІК** сын. *Кеңседе істейтін, кеңсеге тән.*

**КЕҢСЕШІЛ** сын. *Кеңсеқұмар, әкімшілікті сүйетін.*

**КЕҢСЕШІЛДЕУ** сын. *Кеңсеқұмарлау, әкімшілдеу.*

**КЕҢСЕШІЛДІК** зат. *Кеңсеқұмарлық, әкімшілдік, қағазқұмарлық, формалдық.*

**КЕҢСЕШІЛЕП** үст. *Кеңсеге бағрғыштап.*

**КЕҢСІЛ** зат. жерг. *Трюмдегі мәшті орнататын ағаш.*

**КЕҢСІРІК** зат. **1.** *Мұрынның жоғарғы жағындағы шеміршек сүйек.* **2.** *Мұрын сүйегі астындағы қуыс.* **3.** *Ноқта мен жүгеннің танау үстін басып тұрған бөлігі.*

**Кеңсірік жарды**. *Исі аңқып кетті.* **Кеңсірік қату**. түйешар. *Қатты суық кезінде түйе кеңсірігінің мұздап, ауруға шалдығуы.*

**КЕҢТАНАУЛЫ: кеңтанаулы маймылдар.** зоол. <лат. platyrrhini> *Адам тәрізді маймылдардың жеке бір тобы.*

**КЕҢТАШ** үст. жерг. *Қысылып-қымтырылмай, емін-еркін, жайбарақат.*

**КЕҢУ** *Кеңі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢШІЛІК** зат. **1.** *Кең дүние, шексіз дала.* **2.** *Жақсы тұрмыс, жақсылық.* **3.** *Еркіндік, бостандық, ерік.* **4.** *Кең, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман.*

**Кеңшілік жасады**. а) *Рақымы түсті, мейірленді.* ә) *Кешірім етті, кешірді.* **Кеңшілік заман.** *Ел іші тыныш болып, шаруашылық ілгерілеген, жайлы кезең, уақыт.*

**КЕҢІ=** ет. **1.** *Көлемі өсу, молаю, ұлғаю.* **2.** ауыс. *Көңілі жайлану.*

**КЕҢІРДЕК[1]** зат. **1.** анат. <лат. trachus> *Көмейден басталып, өкпемен ұштасатын тыныс түтігі.* **2.** *Алқым, тамақ.* **3.** ауыс. *Құлқын, тамақ.*

**Кеңірдегінен алды**. а) *Тамағына шап берді, буындырды, қылғындырды.* ә) *Қыспаққа алды, састырды.* **Кеңірдек жыртысты.** *Қатты айғайласып ұрысып қалды.* **Кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілді.** *Күпінді, ісіп-кебінді, мардымсыды.* **Кеңірдегін майлады**. *Пара берді.* **Кеңірдек барқыт**. этн. *Жол-жол барқыт.* **Кеңірдектен келді**. *Өте көп болды.* **Кеңірдектен кесілді.** *Өлтірілді, құртылды, морт кетті, сынды.*

**КЕҢІРДЕК[2]** зат. жерг. *Бұрама сым, серіппе.*

**КЕҢІРДЕКТЕ=** зат. жерг. **1.** *Кеңірдегіне дейін суға бату.* **2.** ауыс. *Еркінше жеу, әбден тою.* **3.** ауыс. *Екілену, өзеуреу, өңештеу.* **4.** *Алқымнан алу, қысу.*

**КЕҢІРДЕКТЕЛ=** ет. *Орап қойылу.*

**КЕҢІРДЕКТЕЛУ** *Кеңірдектел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢІРДЕКТЕС=** ет. *Керісу, қызыл кеңірдек болысу.*

**КЕҢІРДЕКТЕСУ** *Кеңірдектес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢІРДЕКТЕТ=** ет. *Аузы-мұрнынан шығарту, лық толтыру.*

**КЕҢІРДЕКТЕТУ** *Кеңірдектет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢІРДЕКТЕТІП** үст. *Лықита, аузымұрнынан шығарып.*

**КЕҢІРДЕКТЕУ** *Кеңірдекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢІРДЕКТЫНЫСТЫЛАР** зат. зоол. *Кеңірдек арқылы тыныс алатын буынаяқтылар.*

**КЕҢІРЕЙ=** ет. *Меңірею, мең-зең күйде қалу.*

**КЕҢІРЕК** сын. **1.** *Көлемдірек, үлкенірек, молырақ.* **2.** *Жан-жақтылау, толығырақ.*

**КЕҢІРЕЮ** *Кеңірей етістігінің қимыл атауы.*

**КЕҢІС** зат. **1.** *Ашық жер, бос орын; кеңістік.* **2.** *Молшылық, байлық.* **3.** ауыс. *Кеңшілік, еркіндік.*

**КЕҢІСТІК** зат. **1.** *Дала, ашық жер, кең жазық.* **2.** *Шексіз әлем, кең дүние.* **3.** ауыс. *Ауа, ойша әлем.* **4.** *Жер, орын.* **5.** ауыс. *Дүние, әлем.*

**Кеңістігі жазылғандай.** стиль. *Рақаттанып, бір жазылып.* **Кеңістік пен уақыт.** филос. *Кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуының көрініс табатын, бір-бірімен тығыз байланысты философиялық категориялар.* **Кеңістік тор.** хим. *Қатты заттың кристалдары құрылатын бөлшектердің кеңістікте белгілі тәртіпте орналасуы.*

**КЕҢІСТІКТЕЙ** сын. *Кеңістік сияқты, кеңістік тәрізді.*

**КЕҢІСТІКТІК** зат. *Кеңістікке тән.*

**Кеңістіктік ағын.** сушар. *Өте кең кеңістік ішіндегі сұйықтық қозғалысы.* **Кеңістіктік изомерия.** хим. *Кеңістіктегі орналасуы әртүрлі, бірақ байланыс реті бірдей химиялық қосылыстардың изомериясы.* **Кеңістіктік тор қатары.** геол. *Кристаллографияда, тура сызық бойында бір-бірінен бірдей қашықтықта орналасқан кеңістік тор түйіндерінің жиынтығы.*

**КЕҢІТ=** ет. **1.** *Үлкейту, қосу.* **2.** ауыс. *Байыту.*

**КЕҢІТУ** *Кеңіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үлкейту.* **2.** *Ұлғайту.*

**КЕҢІТІЛ=** ет. *Үлкейтілу, терең ету.*

**КЕҢІТІЛУ** *Кеңітіл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕП[1]** зат. **1.** *Таздың бас орайтын нәрсесі, таз кепеш.* **2.** ауыс. *Кейіп, қалып, сиық, күй.* **3.** *Жайт, оқиға, жағдай.*

**Кебін киді.** *Сиқына түсті, ұқсады.* **Кебін киді.** *Басқаның көргенін көрді, сондай болды, аяғын құшты, ұқсады.*

**КЕП[2]** зат. сөйл. **1.** ***Гәп.*** **2.** *Ой-пікір, сөз.* **3.** ауыс. *Мән, мәніс, сыр.*

**Кеп осында.** ***Гәп осында*** *(себеп сонда).*

**КЕП[3]** зат. жерг. ***Шабадан.***

**КЕП[1]=** ет. сөйл. **1.** *Келіп көмекші етістігінің қысқарған формасы.* **2.** *Көсемше формалы кел етістігінің қысқарған формасы.*

**КЕП[2]=** ет. **1.** *Дегду, құрғау.* **2.** *Күн көзіне не отқа қақталу, қату.* **3.** *Суы тартылу, құрғау.* **4.** ауыс. *Аңсау, сағыну, іздеу.*

**Кепкен балық.** *Тұз сеуіп немесе тұзсыз күн көзіне іленіп не жайылып кептірілген балық.*

**КЕП[3]=** ет. **1.** *Ісіну, іші желге толу, қампию.* **2.** ауыс. *Мақтану, бөсу, асып-тасу.*

**КЕПЕ[1]** зат. *Жартылай жерден қазылған, қабырғалары, көбінесе, балшық не шымнан қаланып, төбесі қамыс немесе шөппен жабылған шағын лашық.*

**КЕПЕ[2]** зат. *Ерте туған марқа қозы, лақ.*

**Кепе [кебе] қозы.** *Ерте туған марқа қозы.* **Кепе байтал.** *Ерте туған байтал.*

**КЕПЕ[3]** зат. жерг. *Тезектің бір түрі.*

**КЕПЕ[4]** зат. ***Кепеш.***

**КЕПЕДЕЙ** сын. *Тезектей, былшиған, жарбиған.*

**КЕПЕЛЕН=** ет. жерг. *Белгілі бір заттың үйіліп қалуы.*

**КЕПЕЛЕНУ** *Кепелен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПЕРДЕЙ** үст. *Қатты шөлдеп, шөліркеп, сусап.*

**КЕПЕШ** зат. *Сырып не кестелеп тігілген, жұқа дөңгелек баскиім, тақия.*

**КЕПИЕТ** зат. **1.** *Ерекше қасиет, кие; құпия күш.* **2.** *Кесір, кесапат, қырсық.*

**Кепиет атқыр [соққыр].** қарғыс. *Бір бәлеге ұшырағыр; киесі ұрғыр.*

**КЕПИЕТСУ** *Кепиет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПИЕТСІ=** ет. *Өзінше болу, кісімсіну, жиіркену, бұл жерде жоқ болу.*

**КЕПИЕТТІК** зат. *Кесірлік, кесапаттық.*

**КЕПКА** зат. ***Кепкі*** *(күнқағары бар жұқа баскиім).*

**КЕПКАЛЫ** сын. ***Кепкілі*** *(кепка киген).*

**КЕПКЕ** зат. сөйл. ***Кепкі.***

**КЕП-КЕЛЕМЕЖ** сын. сөйл. *Жеңіл-желпі ойын, мазақ.*

**КЕП-КЕЛТЕ** сын. *Өте қысқа, қып-қысқа, тым қысқа, шолақ.*

**КЕП-КЕСЕК** сын. сөйл. экспр. *Ірі, үлкен.*

**КЕП-КЕШЕ** үст. сөйл. экспр. *Күні кеше, жақында ғана.*

**КЕПКІ** зат. *Күнқағары бар жұқа баскиім.*

**КЕПКІЗ=** ет. *Құрғату, дегдіту.*

**КЕПКІЗУ** *Кепкіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПКІШ** сын. *Тез кеуіп кететін.*

**КЕППЕ** сын. *Өз-өзінен ісіп-кеуіп отыратын, мақтаншақ.*

**Кеппе кеуде.** *Ісіп-кеппе мақтаншақ.*

**КЕППЕӨСІМДІК** зат. бот. <лат. herba> *Арнайы жиналып, кептірілген өсімдіктер үлгісі.*

**КЕПСЕР** зат. жерг. **1.** *Тесік ожау, кәкпір, майшолпы.* **2.** қолөнер. *Дәнекер.*

**КЕПСУ** *Кепсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПСІ=** ет. *Құрғау, кебіңкіреу.*

**Тамағы кепсіді.** *Су ішкісі келді, шөлдеді.*

**КЕПТЕ=** ет. **1.** *Тығыз етіп, нығыздап тастау.* **2.** *Бекіту, бөгеу.* **3.** ауыс. *Тығылу, тұрып қалу.* **4.** ауыс. *Тамақты көп жеу, лықа тою.*

**КЕПТЕЛ=** ет. **1.** *Тығылу, керіп толу.* **2.** ауыс. *Тұрып қалу, өтпеу, сыртқа шықпау.*

**КЕПТЕЛЕ=** ет. *Жүнді шумақтау, орау, бауға саларда ықшамдап алу.*

**КЕПТЕЛУ[1]** зат. геол. *Тау жынысының тік ығыстыру бет бойынша үзіліп бөлшектенуі.*

**КЕПТЕЛУ[2]** *Кептел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТЕЛІС** зат. жаңа. *Үлкен қала көшелеріндегі көліктердің әртүрлі кедергі себептерге байланысты ұзақ уақыт немесе баяу қозғалуы, жылжымай тұрып қалуы.*

**КЕПТЕЛІС=** ет. *Тығылысу, толу, сыймай кету.*

**КЕПТЕЛІСУ** *Кептеліс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТЕР** зат. **1.** *Көкшіл, сұр түсті не ақ, көк ала түсті болып келетін кішілеу құс.* **2.** зоол. <лат. columbidae> *Кептер тәріздiлер отрядының бір тұқымдасы.*

**Кептерге тиген қырандай.** бейн. *Көзіне түскен қызықты бас салатын, құмарын баса алмай, қызыққа қарай анталайтын.*

**КЕПТЕРШЕ** үст. *Кептер тәрізді, кептер сияқты.*

**КЕПТЕРХАНА** зат. *Кептерлерді ұстайтын, тордан жасалған ұя, үй.*

**КЕПТЕС=** ет. *Кеңесу, ақылдасу, келісу.*

**КЕПТЕСУ** *Кептес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТЕТІЛ=** ет. **1.** *Өте алмай тұрып, тірелiп, сыймай қалу.* **2.** ауыс. *Тұрып қалу, тығылу.*

**КЕПТЕУ** *Кепте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТІР=** ет. *Құрғату, дегдіту.*

**КЕПТІРГІШ** зат. **1.** *Сулы, дымқыл заттарды кептіру үшін жасалынған орын, жай, құрал.* **2.** тех. *Материалдан ылғалды буландырып кептіретін құрылғы.*

**Кептіргіш пеш.** кен. *Жерасты құрылыстарына пайдаланатын құрал.*

**КЕПТІРУ[1]** *Кептір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТІРУ[2]** зат. мед. *Дәрілік шөптерді емдік қасиетін сақтай отырып, құрғату, дегдіту ісі.* **3.** тех. *Әртүрлі материалдардан ылғалын кетіру; қатты материалдардан (ағаш, астық), сұйық материалдардан (сүт, қан), газ тәрізді материалдардан (ауа, түтін газдары) артық ылғалды шығару үдерісі.*

**КЕПТІРІЛ=** ет. *Қақталу, күнге жайылу.*

**КЕПТІРІЛУ** *Кептіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТІРІН=** ет. *Киімін құрғату.*

**КЕПТІРІНУ** *Кептірін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПТІРІНІС=** ет. *Киімдерін отқа, күнге жайып, жақындатып құрғату.*

**КЕПШІК[1]** зат. муз. *Қарын немесе жұқа тері қапталған шеңбер, даңғыра.*

**КЕПШІК[2]** зат. *Астық сұрып тазалайтын ыдыс.*

**КЕПШІК**[3] зат. көне. *Кедей-кепшік, келін-кепшік қос сөздерінің екінші сыңары, көпшілік мағынадағы сөз.*

**КЕПШІР** зат. көне. *Мал-мүлік.*

**КЕПІЛ** [ар. كفيل ] зат. **1.** қолөнер. *Заттың ұшын байламай бекітуде көлденең қойылатын тиянақ зат, шығыршық.* **2.** *Қоралай орналасқан затты берік ете түсуге көмектесетін тетік, бекемдегіш.* **3.** ауыс. *Қандай да бір істің, ниеттің, діттің орындалуына сенімділік беретін әрекет немесе тұлға.* **4.** ауыс. *Уақиғаның айғағы, куә, растаушы.* **5.** *Айып, айыппұл.* **6.** құқық. <франц. garant> *Борышкер міндеттемені орындамаған жағдайда бұл міндеттеме кепілге берілетін мүліктің есебінен өтелетін несиелердің қанағат табу құқығы; міндеттемелердің орындалуын қамсыздандыру тәсілі.* **7.** заң. <франц. garant> *Бұлтартпау шарасы, яки алдын ала анықтау ісін жүргізушінің, тергеушінің, прокурордың, соттың шақыруы бойынша айыпталушының, сезіктінің келуін қамтамасыз ету үшін айыпталушының, сезіктінің не басқа тұлғаның немесе ұйымның сот депозитіне салатын ақшасы немесе құндылығы.* **8.** діни. *Өзінің алған қарызын уақытылы төлеп тұратынын растау үшін берешек адамның қарыз берушіге өз қора-қопсысын немесе мал-мүлкінің бір бөлігін белгілі бір мерзімге дейін, яғни алған қарызынан құтылғанша беруі.*

**Кепіл беруші.** заң. *Кепіл нысанын ұсынушы тұлға.* **Кепіл болды.** *Жауапкершілігін алды.* **Кепілге алды.** *Қылмысты адамды уақытша өз жауапкершілігіне алды, куәлікке алды.* **Кепіл жоқ.** *Амал жоқ, себеп, айғақ, дәлел, сенім жоқ.* **Кепіл ұстаушы.** заң. *Кепілді иеленуші тұлға.* **Кепіл шеге.** *Қосымша қағылған шеге.*

**КЕПІЛАҒАШ** зат. этн. *Жасалатын шаңырақтың диаметріне сай етіп, жерге дөң гелектеп кірпіш қалап, қатырып қоятын немесе жуандығы жеңді білектей ағаш кесінділерін қатарластырып қойып, бір-бірімен ағаштар арқылы біріктіріп, оның шет-шетін арамен дөңгелектеп, шаңырақ диаметріне дәлдеп, шаңырақты қалып ретінде пайдаланатын ағаш.*

**КЕПІЛАҚША** зат. экон. *Шарттың бір тарабының екінші тарапқа тиесілі төлемдер есебінде жүзеге асыру үшін және бүкіл міндеттемелердің қамтамасыз етілуі үшін беретін ақшалай сомасы немесе мүліктік құндылығы.*

**КЕПІЛГЕР** зат. экон. <франц. garantir) *Кепілдік беруші және оның жүзеге асырылуын қадағалаушы тұлға; ұйым, мемлекет немесе олардың тобы.*

**КЕПІЛГЕР-БАНК** зат. экон. *Несиегердің алдында өз клиенті үшін кепілдік беретін және борышқордың өзара шарт бойынша төлем міндеттемелерін орындауы үшін жауап беруге міндеттенетін банк.*

**КЕПІЛГЕРЛІК** зат. экон. *Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.*

**КЕПІЛДЕНДІР=** ет. *Айғақтау, растау, дәлелдеу.*

**КЕПІЛДЕНДІРУ** *Кепілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕПІЛДЕМЕ** зат. **1.** *Белгілі бір істі орындау үшін берілетін куәлік.* **2.** совет. *Белгілі бір партия, не ұйымға мүшелікке өтетін тұлғаның жеке басының сенімділік, жауапкершілік және т.б. қасиеттерін көрсету үшін берілетін мінездеме.* **3.** саяси. *Куәлік, растаушылық, айғақтық.* **4.** *Айғақ, дәлел.* **5.** *Біреудің мінез-құлқына, жұмыс істеу қабілетіне берілетін жағымды пікір.*

**КЕПІЛДЕМЕЛІК** зат. *Кепілдемеге алушылық.*

**Кепілдемелік өкілеттіктер.** *Желілік басшылықтың жоғарғы буындағы басшылары шешімдер мен кепілдемелер береді деген ұғымдағы әкімшілік өкілеттік нысаны.*

**КЕПІЛДІ** сын. **1.** *Тиянақты, тұрақты болатыны сенімді, айқын.* **2.** *Заңды, міндетті, құқықты.*

**Кепілді құнды қағаздар.** экон. *Мүлікпен (материалдық құндылықтармен) немесе басқа эмитенттердің құнды қағаздарымен қамсыздандырылған құнды қағаздар.* **Кепілді несие.** экон. *Кепілдік ретінде сертификаттар, яки биржаларда жоғары баға белгіленген және ипотекалық шарттар негізінде шығарылған құнды қағаздар немесе жалгерлік шарттар пайдаланылатын кепілдікті несие.*

**КЕПІЛДІК** зат. **1.** сөйл. қолөнер. ***Кепіл.*** **2.** құқық. тар. *Бір нәрсенің құнына уақытша қалдырылған адам.* **3.** *Растаушы зат, куәлік.* **4.** экон. <франц. garantie> *Тұлғаның өзінің контрагенті алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін кепілгер деп аталатын басқа бір тұлғаның құжат жүзінде рәсімделген кепілгерлігі.* **5.** заң. *Сатушының (жеткізушінің) сатылатын (жеткізілетін) тауардың, көрсетілетін қызметтің сапасы үшін өз мойнына алған жауапкершілігі.* **6.** *Жауапкершілік, сенім беру.*

**Кепілдік берді.** а) *Өз атынан сенім білдірді, растады.* ә) құқық. *Кепілгер болады, сөз береді.* **Кепілдік беру.** *Растау, өз атынан сенім білдіру, кепілгер болу.* **Кепілдік жарна.** экон. *Тапсырысақысы жалпы сомасының клиент бастапқыда төлеген бір бөлігі.* **Кепілдік капитал.** экон. *Ықтимал залалды өтеу үшін немесе артықшылықты акциялар бойынша кепілдік берілген дивиденд төлеу үшін акционерлік компанияның балансында бөлінетін сақтық қор.* **Кепілдікке алу.** құқық. *Кепілгер болу, істі адамды соты болғанға дейін жауапкершілігіне алып, босаттыру.* **Кепілдік келісімшарт.** экон. *Жеткізілетін өнімнің пайдалану сапасы, оның уағдаласылған мерзім немесе жұмыс ресурсы шегінде жөнделуін немесе ауыстырылуын қамтамасыз ету үшін мердігердің жауапкершілігін көздейтін келісімшарт.* **Кепілдік мерзім.** экон. *Тұтынушы өнімді пайдалану, тасымалдау, сақтау және техникалық күтім жасау шарттарын сақтаған жағдайда дауындаушы (орындаушы, жеткізуші, өндіруші) оның белгіленген талаптарға сай келуіне кепілдік беретін мерзім.* **Кепілдік міндеттеме.** экон. *Кепілгер белгілі бір міндеттемелердің орындалуына өзі кепіл болатын тұлғаға беретін жазбаша куәлік (кепілдікхат).* **Кепілдік несие.** экон. *Бір кәсіпкерлер басқа кәсіпкерлерге банктердің, фирмалардың немесе үкімет органдарының кепілдігімен беретін несие.* **Кепілдік хат.** экон. *Кепілгердің несиелерге борышқордың тиесілі соманы уақтылы төленуін қамтамасыз ету жөнінде беретін хаты.*

**КЕПІЛДІКТІ** сын. *Кепілдігі бар.*

**Кепілдікті бағалы қағаздар.** экон. *Жекеше акционерлік қоғамдардың үкімет облигациялар бойынша дивидендтерді ұдайы төлеп тұруға сенімділік беретін акциялары мен облигациялары.* **Кепілдікті қарыздар.** қаржы. а) *Сомасын өтеу және пайызын төлеу кепілге салынған мүлікпен немесе белгілі бір кірістермен қамтамасыз етілетін қарыздар.* ә) *Жергілікті басқару органдарының үкімет кепілдік берген облигациялық қарыздары.* б) *Елдің мемлекеттік (көбінесе сыртқы) қарыздарының түрі.* **Кепілдікті маржа.** экон. *Берілген несие үшін салынған кепіл-заттың құны мен несие шамасы арасындағы айырма.* **Кепілдікті мерзім.** экон. *Тауар жеткізуші (дайындаушы) немесе оны сатушы тауардың тиісті пайдаланылу және сақталу шарттары сақталған жағдай оның қалыпты жұмыс істеуіне кепілдік беретін уақыт кезеңі.* **Кепілдікті несие.** қаржы. ***Кепіл несие*** *(бір кәсіпкерлердің екінші бір кәсіпкерлерге банк, фирма немесе үкімет органдарының кепілдігімен беретін несиесі).* **Кепілдікті табыс.** қаржы. *Іс жүзінде қалыптасқан жағдайға тәуелсіз түрде алынатын, кез келген ретте қамтамасыз етілетін табыс.*

**КЕПІЛЗАТ** зат. қаржы. *Алған несиесін қамтамасыз ету және оны қайтаруға сенімділік беру үшін кепілге алынатын зат.*

**Кепілзат беруші.** қаржы. *Алған несиесін қамтамасыз ету үшін кепілге өзінің затын беруші кісі.* **Кепілзат ұстаушы.** экон. *Берген несиесін қамтамасыз ету үшін басқа біреудің мүлкін кепілге қабылдаушы ұйым немесе адам.*

**КЕПІЛЗАТТЫҚ** сын. экон. *Кепілзатқа тән.*

**Кепілзаттық операциялар.** экон. *Банктердің айналымдағы тауарлар мен өңдеудегі тауарларды кепілге алып, несие беру жөніндегі операциялары.*

**КЕПІЛКИІЗ** зат. этн. *Ер қапталының ат арқасына баптауы үшін тоқымның астына қоятын киіз.*

**КЕПІЛПҰЛ** зат. экон. *Уағдаласушы тараптардың бірі шарт жасасудың дәлелі ретінде және оның орындалуын қамтамасыз ету үшін шарт бойынша өзіне тиесілі төлемдердің есебінен екінші тарапқа беретін ақшалай қаражат.*

**КЕПІЛСАЛЫМ** зат. қаржы. *Кепіл берушінің заты кепіл ұстаушының иелігіне берілетін кепілзаттың бір түрі.*

**КЕПІЛСІЗ** сын. *Кепіл қалдырмай, куәсіз.*

**КЕПІЛХАТ** зат. экон. *Тұлғаның өзінің борышы үшін жерді, ғимаратты немесе оған тиесілі басқа бір мүлікті кепілге салуға келіскендігін қуаттайтын және борыш өтелмеген жағдайда несиегерге кепілге салынған мүлікті иелену құқығын беретін заңды құжат.*

**КЕПІЛХАТТЫҚ** сын. ресми. *Кепілхатқа қатысты.*

**Кепілхаттық куәлік.** *Борышкердің мүлікті кепілге салғаны туралы құжат.*

**КЕПІРЕШ** зат. этн. *Халық емінде қолданылатын күшті дәрінің бірі.*

**КЕР=** ет. **1.** *Бір нәрсені тартып созу, жазу.* **2.** ауыс. *Сыймау, толып кету.* **3.** ауыс. *Тіреу, итеру.* **4.** ауыс. *Кеңінен жаю, созып тастау.* **5.** ауыс. *Шалқайту, тарту.* **6.** ауыс. *Созу, ұзарту.*

**Кере қазы.** *Семіздігі бармақ пен шынашақ арасына тең қазы.* **Кере қарыс.** а) этн. *Маңдайға, қастың арасына, бет пен жаққа, ауызға, азу тіске, иық, жауырын сүйекке, сондай-ақ жылқының құлағына, жал етіне, шоқтығына, қолтығына, бұт арасына, алдыңғы аяқтан артқы аяқтың асып түскен ізі сияқты қашық тықтарға қатысты бас бармақ пен ортаңғы саусақ арасын керіп есептегендегі халықтық өлшем.* ә) ауыс. *Кең, ашық.* б) *Ұзын.* **Кере құлаш.** *Екі құлаштың көлеміндей ұзындыққа сәйкес келетін халықтық өлшем бірлігі.* **Керіп тұрып таспа алды.** *Аямай сабады, осты.*

**КЕР**[1] сын. *Құла мен торының аралығындағы малдың түсі. // Кер ат, тұлпар.*

**Кер бие.** *Құла мен күрең аралығындағы түсі бар бие.* **Кер байтал.** *Құла мен күрең аралығындағы түсті байтал.* **Кер жағал.** *Ақшылдау жағасы бар кер (аң).* **Кер құла.** *Жылқының кер мен құла аралас түсі.* **Кер сауыр.** *Етік, кебіс т.б. тігу үшін сауырсыннан дайындалған тері.* **Кер сауыр кебіс.** *Түсі құла мен күреңнің арасындағы жылқының белдеме жон терісінен жасалған кебіс.* **Кер теке.** *Тауешкінің дене тұрқы аса ірі келген еркегі, ұйірдің бастаушысы, қарауылдаушысы.* **Кер тұлпар.** стиль. *Асаулық, адуын мінез.*

**КЕР**[2] сын. *Тәкаппар, қырсық, менменшіл. // Қырсықтық.*

**Кер асқақ.** поэт. *Паң, менмен (адам).* **Кер есек. Кер заман.** *Қиыншылық, азап көрген уақыт; кері кеткен құ заман.* **Кер кетті.** ***Кері кетті.*** *Керітартпа, қыңыр бет.* **Кер қабақ.** поэт. *Менмен, тәкаппар.* **Кер маңдай.** поэт. *Кер, тәкаппар.* **Кер салды.** *Қырсықты, дұрыс қабылдамады.* **Кер табан.** *Қияңқы, қырсық, тартыншақ.* **Кер тартты.** *Кесірін тигізіп, қырсық етті.* **Кер толғақ.** *Қиыншылық, ауыртпалық.* **Кер үміт.** *Қол жетпес, тәкаппар, алыстағы арман.*

**КЕР**[3] зат. көне. *Биік төбе.*

**Кер жол.** *Тауға тіке емес, екі жанына кезек қиялай салынған жол, соқпақ.*

**КЕР**[4] сын. *Кең, керіліп жатқан; маңғаз, керілген.*

**Кер айыл.** *Ердің үстінен бастыра тартатын төс айыл.* **Кер дала.** *Шексіз, ұшы-қиыры жоқ жазық.* **Кер жайлау.** *Адам аяғы көп баса бермейтін, алыстағы шөбі шүйгін жайлау.* **Кер мағыз.** *Кербез, паң.* **Кер маралдай керілді.** *Кербезденді, сұлуланды, бойына әсемдік жарасты.*

**КЕРАЗУ** сын. *Қырсық, озбыр, керітартпа, теріс сөйлейтін сотқар.*

**КЕРАЛАҢ** сын. **1.** *Қиын-қыстау, қилы.* **2.** *Аумалы-төкпелі.*

**КЕРАМЗИТ** [грек. keramos] зат. *Ұсақ түйіршікті, кеуек құрылымды, жасанды жеңіл бетон толтырғыш.*

**КЕРАМИКА** [грек. keramike] зат. *Қыш, саз бен олардың минералды қоспаларымен араласқан, сондай-ақ тотықтармен, т.б. органикалық емес қосындылардан (карбидтен, боридтен, нитридтер, силицидтер, т.б.) күйдіріліп жасалған бұйымдар мен материалдар.*

**Керамика өнері.** өнер. *Ыдыс, мүсіндерді қыштан жасайтын қолөнер түрі.*

**КЕРАМИКАЛЫҚ** сын. *Керамикадан жасайтын, керамикаға тән.*

**Керамикалық кәріздеу.** сушар. *Жерасты суының деңгейін төмендету немесе оны басқа жаққа керамикалық құбыр арқылы бұрып әкетіп, жер құрғату тәсілі.* **Керамикалық пегматит.** геол. *Керамика өндірісінде пайдаланылатын тек қана калишпаттан не альбиттен және кварцит не нефелиннен тұратын пегматит.*

**КЕРАНАУЛЫҚ** зат. *Кердең тартушылық, жалқаулық.*

**КЕРАТИТ** зат. мед. *Көздің мүйізгек қабығының қабынуы.*

**КЕРАУЫЗ** сын. **1.** *Кең, байтақ.* **2.** *Бейпіл, бейбастақ сөйлейтін.* **3.** *Қарысып қалған бірбеткей, қыңыр.*

**КЕРАУЫЗДЫЛЫҚ** зат. *Талас, тартыс, егес, жанжал, кертартпалық.*

**КЕРБАЛА: Кербаланың шөлі.** діни. *Діни дастандарда, қиссаларда айтылатын құм басқан, қиындығы көп, азабы ауыр, шөлді жер [Кербала – Ирактың Куфа шаһарының маңындағы шөл. Кербаланың шөлінде халифа Әзіреті Әлидің баласы Хұсайын өзінің соңынан ерген азғана серіктерімен Мағауияның ұлы Иазидтің қалың қолымен болған шайқаста түгелдей қаза табады. Осы тарихи уақиғадан (680 ж.) соң Кербала шөлі шейіттердің қасиет тұтатын орнына айналған].*

**КЕРБЕЗ** сын. **1.** *Керіліп-созылған; сәнқой, паң, сылқым. // Бабына келтіре, әдемі, әсем, сәнді.* **2.** ауыс. *Паң, тәкаппар, сұлулығына еш нәрсе жетпейтін.* **3.** *Сырбаз, керім, сылаң, маңғаз, әсемдікке құмар, сән-салтанатшыл.*

**Кербез келін.** *Сыландағыш, сәнқой, жалқау келін.* **Кербез келіншек.** *Сылқым, сұлу келіншек.* **Кербез киік.** зоол. <лат. antilopa cervicapra> *Жұптұяқтылар отряды, қуысмүйіздiлер тұқымдасына жататын күйіс қайыратын сүтқоректілердің бір түрі.* **Кербез сұлу.** *Өзінің сұлулығын бағалағанды ұнататын, паң, тәкаппар сұлу қыз.*

**КЕРБЕЗГҮЛ** зат. өс. <лат. alismataceae> *Көпжылдық және біржылдық, су, батпақ жерлерде өсетін шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**КЕРБЕЗДЕН=** ет. **1.** *Әдемілену, сәндену, паңдану.* **2.** ауыс. *Асықпау, жайлану.* **3.** *Тәкаппарлану, менменсіну.*

**КЕРБЕЗДЕНУ** *Кербезден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРБЕЗДЕУ** сын. *Сәнқойлау, паңдау, сылқымдау.*

**КЕРБЕЗДІК** зат. *Сәнқойлық, паңдық, сылқымдық.*

**КЕРБЕЗСУ** *Кербездену, кербезденіп көріну.*

**КЕРБЕЗСІН=** ет. *Сәнқойсыну.*

**КЕРБЕЗСІНУ** *Кербезсін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРБЕТЕГЕ** зат. *Тобылғылы беткей.*

**КЕРБҰҒЫ** зат. зоол. <лат. cervus dama> *Сүтқоректілердің жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын, теңбіл түсті, тармақталған сүйекті, жыл сайын ауысып түсіп тұратын мүйізі бар хайуан.*

**КЕРГУ** *Кергі етістігінің қимыл атауы; кеудесін көтеру, әлдеқандай болу.*

**КЕРГІ**[1]**=** ет. **1.** *Кеудесін көтеру, кербездену.* **2.** *Бөлдену, әлдеқандай болу.*

**КЕРГІ**[2]**=** ет. көне. *Самғау, заулау.*

**КЕРГІ** зат. *Керіп қойып, бір нәрсені кептіретін ағаш, кергіш.*

**Кергіге түсті.** *Көптің талқысына түсті, кергіленді.*

**КЕРГІЛЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсемен керіп тастау.* **2.** *Жан-жаққа тарту, созғылау.* **3.** *Ему, түк қалдырмай сору.*

**КЕРГІЛЕС=** ет. **1.** *Созғыласу, тартысу.* **2.** ауыс. *Сөзге келу, дауласу, ұрсысу.*

**КЕРГІЛЕСУ** *Кергілес етістігінің қимыл атауы; дауласу, ұрсысу.*

**КЕРГІЛЕУ** *Кергіле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРГІМЕ** сын. *Керіліп-созылған, кербез, кеpенау.*

**КЕРГІС=** ет. *Дауласу, ұрсысу.*

**КЕРГІСУ** *Кергіс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРГІТ=** ет. *Зулау, самғау, заулау.*

**КЕРГІТУ** *Кергіт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРГІШ** зат. **1.** *Бітеудей сойылған малдың, аңның терісін жазып, сызат түсірмей кептіру үшін керіп қоятын зат; кергі.* **2.** қолөнер. *Кесте салуға қолайлы болу үшін матаны керіп қоятын қыстырмасы бар дөңгелек ағаш.*

**Кергіш ағаш.** ***Кергіш.***

**КЕРГІШАРА** зат. қолөнер. *Екі басындағы ұңғысына екі жіңішке ағаш орнатып, екі ағаштың үстінен қайыспен кере таңып қойған кішкене қол араның жергілікті атауы.*

**КЕРГІШТЕ=** ет. *Керу, керіп тастау.*

**КЕРГІШТЕУ** *Кергіште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРҒАЙЗАҢ** сын. сөйл. ***Кертартпа.***

**КЕРДЕҢ** сын. *Менмендігі күшті, керенау, паң. // Ақылсыз, зердесіз, керенау адам.*

**Кердең басты.** *Маңғазданып, шірене басты, дандайсып жүрді.* **Кердең кетті.** *Өзге жұртты менсінбеді, шалқыды, жұрттан алаботен болды.* **Кердең қақты.** *Ойқастады, өзін паңданып, менменсіп, дөрекі ұстады.* **Кердең қораз.** поэт. *Тәкаппар, кеуде керген.* **Кердең мойын.** *Бірбет, тоңмойын.*

**КЕРДЕҢДЕ=** ет. *Кердең-кердең ету; ширену, тәкаппарлану, маңғаздану.*

**КЕРДЕҢДЕЙ** үст. *Шиpеніп, паңданып, менменсініп.*

**КЕРДЕҢДЕТ=** ет. *Кердең-кердең еткізу, ширенту.*

**КЕРДЕҢДЕТУ** *Кердеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРДЕҢДЕУ** *Кердеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРДЕҢДІК** зат. **1.** *Паңдық, керенаулық.* **2.** *Жалқаулық.*

**КЕРДЕҢ-КЕРДЕҢ** үст. *Менсінбей, кеудесін көтере, өзінше.*

**КЕРДЕРІ** зат. *Үлек пен маяның шағылысуынан туған, жүнсіз, жіңішке денелі, түйенің ұрғашысы; біртума мая мен үлектің екінші ұрпағы.*

**Кердері түйе.** *Үлек пен нармаяның будандасуынан туған түйе.*

**КЕРДИ=** ет. *Кекірею, кекшию.*

**КЕРДИЮ** *Керди етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕ**[1] зат. ескікіт. *Рет, мәрте.*

**КЕРЕ**[2] зат. **1.** *Адамның өлер алдында ішкен соңғы асы, атау.* **2.** ауыс. экспр. *Тамақ, ас, ішім-жем.*

**Кереңді [атау кереңді] ішкір.** қарғ. *Жегенің желкеңнен шықсын, өлер алдыңдағы соңғы тамағың болсын деген мағынада.*

**КЕРЕГЕ** зат. **1.** этн. *Жас қайыңнан, талдан тор көздеп жасаған киіз үй сүйегінің жиналмалы қабырғасы.* **2.** ауыс. *Үйдің, қораның қабырғасы.* **3.** ауыс. *Үй, отырған мекенжай, кеңістік.* **4.** *Үйдің тұрғызылған қаңқасы.*

**Керегеге басын ілу** этн. *Ерте кезде жаугершілікке аттанып бара жатқан ер-азаматқа немесе ұзақ сапарға шыққан жолаушыға «шаңырақтың дәм-тұзы тартсын» деген ниетпен тандыр наннан бір тістетіп алып, қалғанын бүтіндей таза орамалмен орап, үй қабырғасының жоғарғы жағына іліп қою ырымы. [осындай керегеге ілінген дорбаны тілеу азық деп атаған].* **Керегеге таңылды.** *Сынға түсті, айыбы бетіне басылды.* **Кереге жал.** а) *Жалы қалың, тік біткен (ат).* ә) *Таулы жердің аттың жалындай ұзыннан-ұзақ созылған, тіктеу келген бөлігі.* **Кереге көз.** *Тор көз шақпақ.* **Кереге құру.** этн. аңш. *Ірі жыртқыш аңдарды аулаудың бір тәсілі [ертеде жолбарыс аулауға киіз үйдің керегесі де қолданылған. Керегелер керіліп, бір-біріне бекіліп, байланады да, керегеге астынан екі ұзын ішінен көтеріп аңның ізімен жүріп отырады. Жолбарысқа жақындаған кезде мылтық атылып, ашуланған жолбарыс киіз үй ішіндегі адамдарға атылғанда, кереге көздерінен жолбарысты найза, садақ қылыштар «күтіп алады». Жарақаттанып қамысқа қарай қашқан жолбарысты қанды ізбен адамдар қуып жетіп, ұстайды].* **Керегесіне ақ тимеді.** *Жарымады, байымады.* **Керегесіне қаратты.** *Күйзелтті, жұтатты.* **Керегесін итіне қомдасын.** қарғ. *Түк бермеймін, көмектеспеймін деген мағынада.* **Керегесін кертті.** поэт. *Керегесін кесіп, ойран салды (жаугершілік заманның салты).* **Керегесін торлатты**. *Киіз үйдің кереге ағаштарын көктеді, құрастырды.* **Керегесін тұрғызды.** *Іргесін қалады.* **Кереге там** этн. *Қабірдің үстіне қыштан, ағаштан тұрғызылатын төрт қабырғалы құрылыс.* **Кереге таңу** этн. *Билер, ақсақалдар шешімі шыққанға дейін жазаланатын адамды киіз үйдің керегесіне аяқ-қолын байлап, таңып байлау түріндегі құқықтық жазаның бұрыңғы заманда жиі қолданылған түрі.* **Кереге тас.** *Оқшау біткен жалпақ биік тас.*

**КЕРЕГЕДЕЙ** сын. **1.** *Кереге сияқты. //* ауыс. *Айқара.* **2.** *Үлкен.* **3.** ауыс. *Биік, мықты.*

**КЕРЕГЕКӨЗ** сын. қолөнер. *Кереге бейнесіне ұқсас, торкөз.*

**Керегекөз тігіс.** кәс. *Кесте өнерінде кереге бейнесін түсіру үшін қолданылған тігіс түрі.*

**КЕРЕГЕҚАП** зат. этн. *Көшіп-қонғанда жиналулы керегенің бас-аяғына кигізіліп, жіппен буып байланатын киіз қап.*

**КЕРЕГЕЛЕЙ** сын. *Жағалай, бойлай.*

**КЕРЕГЕЛІ** сын. **1.** *Керегесі бар, кереге тұрғызылған.* **2.** ауыс. *Дәулетті, бар, текті, іргелі.*

**КЕРЕГЕШІ** зат. *Кереге жасайтын адам.*

**КЕРЕГӨЗ** зат. өс. *Далалы жерде өсетін жасыл түсті гүл.*

**КЕРЕГІНШЕ** үст. *Керегіне қарай, қанша керек болса, сонша.*

**КЕРЕГІРЕК** сын. *Қажеттеу, керегі барлау.*

**КЕРЕҒАП** зат. малшар. *Өрісте туған қозыны суыққа тоңдырмай жеткізу үшін, суық өтіп, қаракемік пен суықтан өршитін ауру ларға шалдығудан сақтандыру үшін кеудесіне кигізілетін қап.*

**Кереғап шашуы.** этн. *Кереғапқа алғашқы төл салып келген күні шашылатын шашу.*

**КЕРЕҒАР** сын. **1.** *Қарама-қарсы.* **2.** *Кертартпа.* **3.** *Алшақ, қашық.*

**Кереғар парагенезис**. геол. *Бірге бола алмайтын минералдар.*

**КЕРЕҒАРЛЫҚ** зат. *Қарама-қарсылық.*

**КЕРЕЗ** зат. көне. *Өлген кісіге арналған атау ас.*

**КЕРЕЗУЛІК** зат. *Қыңырлық, қисықтық.*

**КЕРЕЙІТ** зат. жерг. *Күй, жай, бап.*

**КЕРЕК**[1] мод. **1.** *Қажет.* **2.** *Болуы тиіс.* **3.** *Солай болған-ау деймін, шамасы деген мағынада айтылады. // Қажет зат, керек бұйым. // Пайдасы бар, қажет адам. // Қажетті, пайдаға асатын.*

**Керегі жоқ**. *Қажет емес.* **Керегі жоқтық.** *Қажет еместік, керексіздік.* **Керегіне жаратты.** а) *Бір қажетке пайдаланды.* ә) *Қаражат қылды,*

*жұмсады.* **Керегіне жарау**. *Пайдасы тию, жерде қалмау.* **Керек десең**. *Әуелі, тіпті, ең болмаса деген мағынада.* **Керек етті.** *Қажетсінді, мұқтаж болды.*

**КЕРЕК-ЖАРАҚ** зат. *Қажетті нәрселер.*

**Керек-жарақ алу**. *Қажетті нәрселерді сатып алу.*

**КЕРЕКСІЗ** сын. *Пайдасы жоқ, қажетсіз.*

**КЕРЕКСІЗДІК** зат. *Керегі жоқтық, қажетсіздік.*

**КЕРЕКСІН=** ет. **1.** *Іздеу, ұнату.* **2.** *Қажет деп санау, мұқтаж тұту.* **3.** *Қажет болу, пайдасы болу.*

**КЕРЕКСІНУ** *Керексін етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕКСІНУШІ** зат. *Қажет етуші, мұқтаж болушы.*

**КЕРЕКТІ** сын. **1.** *Пайдалы, пайдасы бар.* **2.** *Қажетті, мұқтаж.* **3.** *Тиісті.*

**КЕРЕКТІ-КЕРЕКСІЗ** зат. *Қажет, қажет емес заттардың бәрі.*

**КЕРЕКТІК** зат. **1.** *Тиістік, тиістілік.* **2.** *Қажеттік.*

**КЕРЕКШЕ** үст. *Керексініп, керек адамдай.*

**КЕРЕЛАМ** сын. *Аумалы-төкпелі, болашағы белгісіз.*

**КЕРЕЛЕ=** ет. жерг. **1.** *Ашкөздену, қомағайлану; жалмаңдау.* **2.** *Толу, сыймау.* **3.** *Аузы-мұрнынан шығу, тою.*

**КЕРЕЛЕН=** ет. *Қомағайлану, жалмаңдау, тойымсыздану.*

**КЕРЕЛЕНУ** *Керелен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕМЕТ**[1] [ар. كرامة] зат. **1.** *Құдіретті күш, таңғажайып сыр.* **2.** *Таңғаларлық, ғажап.* **3.** *Алыптар, күшті адамдар.* **4.** *Зор, күштілік. //* сөйл. *Жолын тауып, айламен, амалмен.*

**КЕРЕМЕТ**[2] од. *Таңғалғанда, айтар сөз қалмағанда, ерекше әсерленгенде айтылатын сөз.*

**КЕРЕМЕТ**[3] сын. **1.** *Күшті, талантты, ерекше.* **2.** *Ерекше, тамаша, өте жақсы.* **3.** *Соншалық, қатты, тіптен, өте.*

**КЕРЕМЕТСУ** *Кереметсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕМЕТСІ=** ет. *Өзін-өзі керемет санау.*

**КЕРЕМЕТСІЗ** сын. **1.** *Қарапайым.* **2.** *Қасиетсіз.*

**КЕРЕМЕТТЕЙ** сын. **1.** *Ғажап, таңғаларлықтай.* **2.** *Айтарлықтай, алып бара жатқан, соншалықты.* **3.** *Өте, тым, әбден.* **4.** *Бөлендей, айтарлықтай.*

**КЕРЕМЕТТІ** сын. **1.** *Кереметі күшті.* **2.** *Ғажайып, көркем.* **3.** *Күшті, керемет, тамаша.*

**КЕРЕМЕТТІК** зат. **1.** *Әдемілік, көріктілік, сұлулық.* **2.** *Таланттылық, дарындылық.*

**КЕРЕМЕТТІЛІК** зат. *Ерекшелік, күшті дарын иесі болушылық.*

**КЕРЕНАУ** үст. **1.** *Жалқаулау, енжар, самарқау. // Жалқау, еріншек адам. // Жалқау.* **2.** *Селқос, енжар.* **3.** ауыс. *Меңіреу, дел-сал, жайбарақат.*

**Керенау тартты.** *Жайбарақаттыққа салынды, енжарланды; жалқауланды, селқос, салқын қарады.*

**КЕРЕНАУЛАН=** ет. *Жайбарақаттану, самарқаулану; енжарлану.*

**КЕРЕНАУЛАНУ** *Керенаулан етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕНАУЛАП** үст. *Жай қимылдап, керіліп-созылып, асықпай.*

**КЕРЕНАУЛАУ** сын. *Жалқаулау, самарқаулау.*

**КЕРЕНАУЛЫҚ** зат. **1.** *Самарқаулық, енжарлық.* **2.** *Біртоғалық.* **3.** *Жайбарақаттық, асықпаушылық.* **4.** *Кері кетушілік, іске ықыластыздық.*

**КЕРЕНАУСУ** *Керенаусы етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕНАУСЫ=** ет. *Керенау тарту, керенаулыққа ұрыну.*

**КЕРЕНАУШЫЛ** сын. *Жалқаулау, самарқау.*

**КЕРЕНДЕЙ** сын. ***Арандай.***

**КЕРЕҢ** сын. **1.** *Құлағы жақсы естімейтін немесе мүлдем естімей қалған, саңырау. // Кереӊ адам.* **2.** ауыс. *Түсінбейтін, білмейтін, надан.* **3.** ауыс. *Тіршіліксіз, өмірсіз, меңіреу.*

**Кереӊ қылды.** *Түк естіртпеді, шулады.* **Кереӊ түн.** поэт. *Меңіреу, мүлгіген түн; саңырау дүние.*

**КЕРЕҢДЕЙ** сын. *Кереӊ сияқты, кереӊ тәрізді.*

**КЕРЕҢДЕН=** ет. *Естімей қалу.*

**КЕРЕҢДЕНУ** *Кереңден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЕҢДІК** зат. **1.** *Естімей қалушылық, саңыраулық.* **2.** ауыс.

**КЕРЕҢҚҰЛАҚ** зат. сөйл. *Саңырау құлақ.*

**КЕРЕҢШЕ** үст. *Естімейтін адам тәрізді, саңырауша.*

**КЕРЕУЕТ** [ор. кровать] зат. **1.** *Ұйықтауға арналған төрт аяқты төсек.* **2.** ауыс. *Меншік, зат.*

**КЕРЕШІ** зат. *Аттарды бәйге жолына шығарып салушы, қарсы алушы.*

**КЕРЕШІШЕ** үст. *Кереші сияқтанып.*

**КЕРЖАҚ** [ор. кержак] сөйл. зат. тар. *Ескі әдет-ғұрыпты, діни ұстанымдарды, салтты көксейтін орыс халқының бір әлеуметтік тобы деген мағынадағы.*

**КЕРЖАҚЫ** сын. *Кәнігі, сақ.*

**КЕРЖЕҢДЕ=** ет. *Қауқылдағансу, кеукілдеу.*

**КЕРЖИ=** ет. *Кекию, кердию, менсінбеу. // Кержік.*

**КЕРЖИЮ** *Кержи етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЖІК** сын. *Кері қарай жиырыла біткен, талпақ, кержиген.*

**Кержік желке**. *Қырсық, қисық, кертартпа.*

**КЕРЗІ** [ор. керзовой] зат. *Су өтпеу үшін ерекше құрам сіңірілген тығыздау, қалың материал.*

**Керзі етік.** *Керзіден қонышталып, басы қалың былғарыдан істелген резеңке табанды етік.*

**КЕРИТТЕР** зат. хим. *Хлороформда толығымен еріп кетпейтін қатты, омырылғыш, көміртектес таушайырларды біріктіретін топшаның жалпылама атауы.*

**КЕРКЕЛЖІҢ** зат. сөйл. ***Кикілжің.***

**КЕРКИ=** ет. сөйл. ***Кейки.***

**КЕРКУДАН** зат. ескікіт. **1.** *Жүйрік жылқы, ат.* **2.** *Керік; мүйізтұмсық.*

**КЕРКІЛ** зат. *Сөз егесі, ұрыс-керіс, айғай, дау.*

**КЕРКІЛДЕ=** ет. *Таласып-тартысу, дауласу.*

**КЕРКІЛДЕС=** ет. *Дауласу, ерегісу, айтысу.*

**Керкілдесіп қалды.** *Сөзге келіп, жанжалдасып қалды.*

**КЕРКІЛДЕСТІР=** ет. *Ұрыстыру.*

**КЕРКІЛДЕСУ** *Керкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРКІЛДЕУ** *Керкілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРҚАЙСАҢ** сын. жерг. *Кертақыс, қырсық, кесір.*

**КЕРҚАЙСАҢДЫҚ** зат. *Қырсықтық, кесір мінезділік.*

**КЕРҚҰЛАН** зат. зоол. <лат. equus przewalskii poljakov> *Тақтұяқты сүтқоректілердің жылқы тұқымдасына жататын жабайы жылқы түрі.*

**КЕРЛЕ=** ет. *Қаптау, сыймай кету.*

**Керлеп тарту** этн. *Таулы жерде жүрудің бір түрі, жоғарыға тік тартпай беткейлерімен жүру әдісі.*

**КЕРЛЕН=** ет. жерг. *Кесірлену, қырсықтану.*

**КЕРЛЕНУ** *Керлен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЛЕТ=** ет. *Қаптату, жаю.*

**КЕРЛЕТУ** *Керлет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЛЕУ** *Керле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРЛІГЕ** үст. *Аузы-мұрнынан шыға, әбден тола.*

**КЕРМАЛ** сын. жерг. **1.** *Кермек.* **2.** ауыс. *Талас, егес, керкіл.*

**КЕРМАЛДАС=** ет. жерг. **1.** *Сөз таластыру, ерегісу, шекісіп қалу; керкілдесу.* **2.** ауыс. *Қылжақтасу.*

**КЕРМӘР** үст. **1.** *Қатты сөзге келіп, ілінісіп.* **2.** *Шешіліп, толғанып.*

**Кер-мәр сөйлесті.** *Ашылып, шешенсіп, толғанып сөйледі.*

**КЕРМЕ**[1] зат. **1.** *Үй жанындағы мама ағаштардың (діңгектердің) арасына керіп байланған, қонақтар мініп келген аттарын байлайтын арқан.* **2.** *Бір нәрсе ілу үшін биіктеу етіп тартылған жіп.* **3.** *Мәреге тартылған жіп немесе арқан.* **4.** *Қалқа, далда. // Бір нәрсені тасалап тұратын, жинамалы.* **5.** *Балық аулайтын тор, ау.* **6.** саят. *Тағы бүркітті көндіктіру үшін, томаға кидіріп, қондырып ұстайтын арқан.* **7.** ауыс. *Қиын-қыстау кез, тағдыр, қиыншылық; кедергі.*

**Керме арқан** этн. *Екі діңгектің бас жағынан керіліп байланған арқан.* **Кермеге түсті.** *Қиын-қыстау жағдайға тап болды.* **Керме жіп.** *Шаңырақты көтергенде екі жағынан байлап, бақанмен қосып ұстап әрі кере тартып тұратын жіп.* **Керме иық.** а) ***Кермиық*** *(келбеті келіскен, мүсінді).* ә) *Құс қанатын жиғанда тартылып, жиырылып, құс қанатын жайғанда созылып-керіліп, қол жіліктерінен бөлектеніп, иықтың қылыш қырына жете біткен осы сіңірлер тобының сырт көрінісі.* **Керме қас [қасты].** а) *Жіңішке, иілген қас.* ә) *Көркі келіскен, әдемі, сұлу.* **Керме сымды жарылғыш мина**. әск. *Тұтандырғышы керме сымның әрекетімен іске қосылатын, жаяу әскерге қарсы қолданылатын мина.*

**КЕРМЕ**[2] зат. этн. *Босағаға жақын жерге көлденеңнен іліп, ішіне тары-талқан, кепкен құрт және ас құралдарын (оқтау, тақтай, табақ) салып қоятын матадан тігілген немесе жүн жіптен тоқылатын дорба.*

**КЕРМЕЙЫҚ** сын. сөйл. *Кермиық.*

**КЕРМЕК**[1] зат. өс. <лат. limonium> **1.** *Тамырынан сары түсті илік зат (бояу) алынатын қорғасыншөптер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* **2.** ауыс. *Азап, қорлық.*

**КЕРМЕК**[2] сын. **1.** *Қышқылтым, ащы (дәм, иіс).* **2.** *Ащы, жаман.* **3.** ауыс. *Пәс, ауыр.*

**Кермек ой [қайғы].** *Ауыр, жанына батқан ой.* **Кермек су.** а) *Дәмі ащы су.* ә) терм. *Құрамы 6,01-ден – 9,00 мг-экв/л-ге (1 миллиграм-эквивалент 20,4 мг/л $Ca^2$ немесе 12,16 мг/л $Mg^{2+}$ құрамына сәйкес келеді) жететін су.*

**КЕРМЕКЕ** [ор. керамика] зат. сөйл. ***Керамика.***

**КЕРМЕКСАБЫН** зат. өс. <лат. limonium otolepis> *Кермек туысына жататын, тамыры жуан, жапырағы ерте түсетін көпжылдық өсімдік.*

**КЕРМЕКТЕН=** ет. **1.** *Ащылану, сор татыңқырау.* **2.** ауыс. *Дауыстың жарғышақтанып шығуы.*

**КЕРМЕКТЕНУ** *Кермектен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРМЕКТЕУ** сын. **1.** *Қышқылтымдау, ащылтымдау.* **2.** ауыс. *Мысқыл, келеке аралас, уыттылау.*

**КЕРМЕКТІК** зат. *Ащылық, кермек татушылық, ашқылтымдық.*

**КЕРМЕКТІЛІК** зат. сөйл. ***Кермектік.***

**КЕРМЕЛЕ=** ет. **1.** *Арқан керіп ұстау.* **2.** *Жіпті, не сымды әрлі-берлі тартып, керіп тастау. //* ауыс. *Қаптаған, сыймайтын.* **3.** *Шымылдықпен, матамен т.б. бөлмені бөлу.* **4.** ауыс. *Кедергі болу, жолын кесу.*

**КЕРМЕЛЕТ=** ет. *Жұлу, тарту, ұзу.*

**КЕРМЕЛЕТУ** *Кермелет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРМЕЛЕУ** *Кермеле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРМЕЛІ** сын. *Екі жаққа керіп қойған, тартып тастаған.*

**Кермелі төсек.** *Екі баған арасына құрылған аспалы жатын орын.*

**КЕРМЕН: кермен қауын.** жерг. *Емге жейтін қауын түрі.*

**КЕРМЕШЕ** зат. кәс. *Керіп салып, балық ұстайтын ау.*

**КЕРМИЫҚ** сын. **1.** *Кербез, паң, сәнқой. // Кербез, паң, сұлу қыз.* **2.** *Менмен, өзімшіл.*

**КЕРМИЫҚТЫ** сын. *Керілген, паң.*

**КЕРН** [нем. Kern] зат. кен. *Құбырды бұрғылау ұңғымасының ұңғубетінен алынатын, цилиндр пішінді болатын кеннің немесе тау жынысының сынама үлгісі.*

**КЕРНЕ=** ет. **1.** *Судың шегінен асып толуы, тасуы.* **2.** ауыс. *Көңілдің шаттануы, толуы.* **3.** ауыс. *Әбден толу, сыймай кету.* **4.** *Лықылдату, аузы-мұрнынан шығу.*

**КЕРНЕЙ**[1] зат. *Темір пештің, самаурынның түтінін тартқызу үшін қаңылтырдан ішін қуыстап жасаған бұйым.*

**КЕРНЕЙ**[2] зат. муз. *Мойнын ұзынша етіп, жезден жасаған үрлемелі музыкалық аспап.*

**КЕРНЕЙДЕЙ** сын. *Керней сияқты, керней тәрізді, сыңғырлаған, күмбірлеген.*

**КЕРНЕЙЛЕ=** ет. *Керней салу, керней ойнату.*

**КЕРНЕЙЛЕТ=** ет. **1.** *Керней тарту, керней ойнату.* **2.** ауыс. *Жеңіске жеткенін, келе жатқанын білдіріп, керней тарту.* **3.** ауыс. *Әндету, әуендету.*

**КЕРНЕЙЛЕТУ** *Кернейлет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРНЕЙЛІ** сын. *Кернейі (1) бар.*

**КЕРНЕЙ-СЫРНАЙ** зат. *Үрлемелі музыка аспаптары.*

**КЕРНЕЙШЕ**[1] зат. *Кішкене керней.*

**КЕРНЕЙШЕ**[2] үст. *Керней сияқтанып.*

**КЕРНЕЙШІ** зат. *Керней тартатын кісі.*

**КЕРНЕЙШІЛІК** зат. *Керней тартатын өнері бар.*

**КЕРНЕЛ=** ет. *Толу, сыймай кету.*

**Кернелген құралымдар**. кен. *Кернеулі күйге алдын ала келтірілген құралымдар.* **Кернелген темір-бетон**. кен. *Арматуралардың созылу, ал бетонның сығылу мүмкіндігі алдын ала қолдан жасалатын темір-бетон.*

**КЕРНЕЛУ** *Кернел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРНЕҢКІРЕ=** ет. *Сәл кернеу, керней түсу.*

**Тамағын кернеңкіреді.** *Жөткірініп алды.*

**КЕРНЕТ=** ет. **1.** *Толтыру, нығыздап салу.* **2.** ауыс. *Байыту, көбейту.*

**КЕРНЕТУ** *Кернет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРНЕУ**[1] зат. **1.** физ. *Электр зарядының қозғалысы кезінде істелетін жұмыстың сол зарядқа қатынасымен анықталатын физикалық шама.* **2.** мех. *Материал деформаланған кезде пайда болатын ішкі күштердің өлшемі.*

**КЕРНЕУ**[2] *Керне етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРНЕУ**[3] зат. *Жиек, шет, ернеу.*

**КЕРНЕУ**[4] зат. *Қысым.*

**КЕРНЕУБӨЛГІШ** зат. физ. *Шығыс кернеуді төмендететін электрлік схема.*

**КЕРНЕУЛІ** сын. *Ток қосылған, ток жіберілген.*

**КЕРНЕУЛІК** зат. *Кернеу шамасы.*

**КЕРНЕУТҰРАҚТАНДЫРҒЫШ** зат. физ. *Қоректендіру көзі немесе жүктеме кернеуінің өзгерісі кезінде әрдайым шығыстағы кернеудің тұрақтылығын қамтамасыз ететін құрылғы.*

**КЕРНИНГ** [ағыл. kernling] зат. инф. *Мәтінді қабылдау (оқу) әсерін жақсарту үшін қатар орналасқан көршілес екі әріптің аралығын кішірейту (немесе үлкейту).*

**КЕРОГАЗ** зат. *Керосин жағып қыздыратын примус сияқты аспап.*

**КЕРОГАЗДАЙЫН** сын. окказ. *Керогаз сияқты.*

**КЕРОГЕН** зат. геол. *Жанғыш тақтатастар құрамындағы басқа да шөгінділермен бірге қалыптасқан органикалық заттар атауы.*

**КЕРОСИН** [ағыл. kerosene] зат. *Мұнайдан айырып алынған сарғыш-көкшіл түсті жанармай, жермай.*

**Керосин шам.** *Жермай құйып жағатын шам.*

**КЕРСЕН**[1] зат. **1.** этн. *Ағаштан дөңгелектеп істелген ішіне бір қойдың еті тұтас сыятындай кең ыдыс.* **2.** саят. *Оқпанның арт жағынан жапсырылып, алдыңғы қастың бүркіт қабақталған екі айыр басы, артқы қас.*

**Керсенге бал құйып.** *Байлыққа, дәулетке кенеліп.* **Керсен құйрық.** *Майлы, үлкен құйрық.*

**КЕРСЕН-КЕРСЕН** сын. *Тегене-тегене.*

**КЕРСЕНДЕЙ** сын. *Тегенедей, үлкен.*

**КЕРСЕНДЕЙ-КЕРСЕНДЕЙ** сын. *Үлкен-үлкен, кесек-кесек.*

**КЕРСЕНДЕП** үст. *Керсен-керсен етіп.*

**КЕРСОЛҚЫ** үст. жерг. *Ынтасыз, селқос, енжар.*

**КЕРСУ** *Керсі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРСІ=** ет. *Өзін тәкаппар ұстау, кекірейіп, кергу.*

**КЕРТ=** ет. **1.** *Бунақтап кесу.* **2.** *Қышылдау, аздап тістеу.*

**Кертіп жазды.** *Ағашқа өткір жүзді құралмен таңба салды, ойып жазды.* **Кертіп ою.** қолөнер. *Ағаш бетін қашау жүзін көлбеу салып нұқи ою.* **Кертіп салған.** *Қиюластырып орналас тырған.*

**КЕРТ** зат. жерг. **1.** *Күш-қуат, әл.* **2.** *Қу, айлакер.*

**Керт қара басы.** *Жалғыз өзі, қараған басы.* **Кертіне ұшырады.** *Кәріне, қаһарына кезікті.* **Керт бұғыдай.** *Күшті қарулы.*

**КЕРТАҒЫ** сын. *Нағыз тағы, асау.*

**КЕРТАҚЫС** сын. жерг. **1.** *Айтқанға көнбейтін қисық, қырсық, қыңыр.* **2.** *Кертартпа, зар.*

**КЕРТАҚЫСТАН=** ет. *Қыңырлық істеу, қырсығу.*

**КЕРТАҢ: кертаң қиякты.** *Қияқ өскен жер.*

**КЕРТАРТПА** сын. *Ескіні көксейтін; кері кеткен.*

**КЕРТАРТПАЛА=** ет. *Кері тарту, тартыншақтау.*

**КЕРТАРТПАЛАН =** ет. *Тартыншақтану, кері тарту.*

**КЕРТАРТПАЛАНУ** *Кертартпалан етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТАРТПАЛАУ**[1] сын. *Ескішілдеу, тартыншақтау.*

**КЕРТАРТПАЛАУ**[2] *Кертартпала етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТАРТПАЛЫҚ** зат. *Кері кеткендік, тартыншақтық.*

**КЕРТАРТПАШЫЛ** сын. *Кері тартқан, тартыншақ; ескіні көксеуші.*

**КЕРТАРТПАШЫЛЫҚ** зат. *Кері кеткендік; тартыншақтық.*

**КЕРТЕ** зат. жерг. **1.** *Малға шөп салатын ақыр, оттық.* **2.** *Бір нәрсенің айналасына істелген қоршау.* **3.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл.*

**КЕРТЕЛЕ=** ет. *Кесектеп бөлу.*

**КЕРТЕШ** зат. сөйл. ***Кертпеш.***

**Кертеш келіншек**. *Таңқыш танау әйел.* **Кертеш мұрын [танау].** *Ортасы батыңқы, таңқы мұрын (танау).*

**КЕРТЕШТЕ=** ет. сөйл. ***Кертпеште.***

**КЕРТЕШТЕН=** ет. сөйл. ***Кертпештен.***

**КЕРТЕШТЕНУ** *Кертештен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТЕШТЕУ**[1] *Кертеште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТЕШТЕУ**[2] сын. сөйл. *Батыңқы, таңқырайған.*

**КЕРТИ=** ет. *Кекірею, кекжию.*

**КЕРТИЮ** *Керти етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТКІЛЕ=** ет. *Кертік-кертік ету, кескілеу.*

**КЕРТПЕ** зат. **1.** *Біршайнам.* **2.** *Бөлік, қиынды.* **3.** *Кертік, тілік, кесік.* **4.** сөйл. ***Керте.***

**КЕРТПЕК** зат. *Бунақтап кесілген, кертілген, ойыңқы жер.*

**КЕРТПЕЛІ** сын. *Кертілген.*

**КЕРТПЕШ** зат. **1.** *Кертілген жер, ойыс, кертік.* **2.** ***Кертпе.*** **3.** кен. *Қазып алу және тасымалдау үшін дайындалған тау жыныстары қабаттарының саты түріндегі бөлігі.*

**Кертпеш мұрын [танау, тұмсық].** *Мұрнының ортасы батыңқы, таңқы танау.* **Кертпеш тас.** *Сынған, жарықшақтанған.*

**КЕРТПЕШ-КЕРТПЕШ** сын. *Кертік-кертік, тепкішек-тепкішек.*

**КЕРТПЕШТЕ=** ет. *Кертпеш жасау, ойдым-ойдым ету.*

**КЕРТПЕШТЕН=** ет. *Ойылу, кертілу. // Ойдымданған.*

**КЕРТПЕШТЕНУ** *Кертпештен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТПЕШТЕУ**[1] *Кертпеште етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТПЕШТЕУ**[2] сын. *Аздаған кертіктеу.*

**КЕРТУ** зат. қолөнер. *Сүйек, ағаш бетіне алтын немесе күміс шабу үшін шапқымен шеку; күміспен күптеу үшін темір бетін ойдым-ойдым етіп шабу әдісі.*

**КЕРТУ** *Керт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРТҰҚЫЛ** зат. *Ортаңғы саусақпен бастан ұпай алу әдісі; тайтұқыр.*

**КЕРТІК**[1] зат. *Кертілген жер, ойық. // Тістелген.*

**Кертік мұрын [танау].** *Мұрнының ортасы батыңқы, таңқы танау.*

**КЕРТІК**[2] зат. қолөнер. *Күміс, ағаш, темір бетіне түсірілген белгі, таңба ойық.*

**КЕРТІКТЕУ** сын. *Аздап кертілген, ойықтау.*

**КЕРТІЛ=** ет. **1.** *Шеті сыну, бұзылу. // Пұшықтау.* **2.** ауыс. *Азаю, кему.*

**КЕРТІЛУ** *Кертіл етістігінің қимыл атауы; шеті сыну, бұзылу.*

**КЕРУ** *Кер етістігінің қимыл атауы.*

**Керуден жарылатын инженерлік мина.** әск. *Жарғыш тетігі сымнан, капроннан және т.б. тартқыш жіптен жасалған жаяу әскерге қарсы қолданылатын мина.* **Керу құрылғысы.** инф. <ағыл. devices of tracktor> *Баспа құрылысындағы басу құрылғыларына арналған қағаздың үзіліссіз жолағын жылжытуға және жылжыту кезінде жоларалық шегараны нақты белгілеуге арналған құрылғы.*

**КЕРУЕН** [ир. کاروان] зат. **1.** тар. *Орта Азиядағы шөл, шөлейт жерлермен түйелерге жүк артып, ұзақ жолға сапар шеккен жолаушылар тізбегі.* **2.** ауыс. *Біріне-бірі тіркесе шұбырған жүк тасушы көлік тізбегі.* **3.** *Жолаушы, керуеншілер.* **4.** ауыс. *Ұзыннан-ұзақ, шұбатылған топ.* **5.** ауыс. *Алдыңғы буын.* **6.** поэт. *Өмір, ғұмыр, дәурен.* **7.** ауыс. *Жұрт, ел.*

**Керуен бастады.** *Керуенбасы болды, керуенді басқарып, алып жүрді.* **Керуен де керуен.** поэт. *Тізбек-тізбек, ұзын-шұбақ.* **Керуен жолы**. *Ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің арасындағы сауда қатынастарының дамуына ықпал еткен аса ірі халықаралық қатынас жолдары, керуен қатынайтын жол.* **Керуен жыл.** поэт. *Зырылдаған, білінбейтін уақыт.* **Керуен көшіп кетті.** бейн. *Қатарлас, замандас, тұстастары бірінің артынан бірі о дүниелік, бақилық болып кетті, қатары азайды деген мағынада.* **Керуен қонған.** *Жолаушылар, керуеншілер тоқтаған.* **Керуен сарай.** а) *Азия құрлығында, Оңтүстік Еуропада, Қазақстан мен Кавказ елдерінде қалалар мен керуен жолдарының бойында ежелгі дәуір мен орта ғасырларда, ішінара жаңа дәуірде салынған аялдама, дамылдау орны.* ә) ауыс. *Ашық, ақжарқын, көпшіл адам.* б) көне. *Тоғыз жолдың торабында орналасқан, сауда жасауға шыққан, тауар, дүние-мүлік артқан керуендер тоқтап, тынығатын орын (мейманхана).* **Керуен түспес сахара шөл.** бейн. *Ұшы-қиырсыз, кесіп өту мүмкін емес, иен шөл.* **Керуен уақыт.** поэт. *Үздіксіз, тоқтамайтын уақыт.*

**КЕРУЕНАҚЫ** зат. этн. *Түйеге, атқа артылған жүк үшін төленетін ақшалай немесе тауар, зат түріндегі төлем.*

**КЕРУЕНБАСЫ** зат. тар. *Керуен басшысы, керуеншілер арасындағы жер-су жағдайымен таныс, жөн-жосықты жақсы білетін адам.*

**КЕРУЕН-КЕРУЕН** ү с т. **1.** *Топ-топ, топталған.* **2.** а у ы с. *Үлкен-үлкен, шексіз.*

**КЕРУЕНДЕ=** е т. **1.** *Керуенмен бірге жүру.* **2.** *Жолға шығу, жолаушылау. // Керуен-керуен етіп. // Ұзыннан-ұзақ шұбалып, тізіліп.*

**КЕРУЕНДЕЙ** с ы н. *Керуен сияқты, керуен тәрізді.*

**Керуендей көшті.** п о э т. *Бақилық болды, қайтыс болды.* **Керуендей шұбатылған.** а) *Толассыз, бірінен соң бірі маза бермей.* ә) *Бірінің артынан бірі тізбектеліп.*

**КЕРУЕНДЕТ=** е т. *Жолаушылау, жолға шығу.*

**КЕРУЕНДЕТУ** *Керуендет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРУЕНДЕУ** *Керуенде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРУЕНДІ** с ы н. *Керуені көп, керуен көп жүретін.*

**КЕРУЕНСІЗ** с ы н. *Керуен тоқтамаған, келмеген, адамдар легі жоқ.*

**КЕРУЕНШЕ** ү с т. **1.** *Бітіп болмай, біраз созылыңқырап.* **2.** *Ұбақ-шұбақ болып тізіліп.*

**КЕРУЕНШІ** з а т. **1.** *Керуен айдаушы; сауда жүргізуші.* **2.** ***Керуенбасы.***

**КЕРУЕНШІДЕЙ** с ы н. **1.** *Керуенші сияқты, керуенші тәрізді.* **2.** а у ы с. *Баяу, ұздік-создық.*

**КЕРУЕТ** з а т. с ө й л. ***Кереует.***

**КЕРУЛІ** с ы н. *Керіліп тұрған.*

**КЕРУІШ** з а т. к ө н е. м у з. *Екі басы бұрау ағашпен кере тартылған, түрі садаққа ұқсас байырғы музыкалық аспап.*

**КЕРХАНА** [ир. کرخانه] з а т. к ө н е. *Жұмыс істейтін жер, өндіріс орны, ұстахана.*

**КЕРШЕ** с ы н. *Қоңыр түсі басым, керге жақын (түс). // Жылқы, жорға.*

**КЕРШЕУ**[1] з а т. **1.** *Сүйектердің түйіскен жеріндегі дәнекер шеміршек.* **2.** а у ы с. *Орақ, кетпен.*

**КЕРШЕУ**[2] з а т. *Жылқыда болатын ауру шеміршек.*

**КЕРШЕУЛЕ=** е т. **1.** *Ойып, ұңгіп қазу.* **2.** *Қиялап, қиғаштап кесу.*

**КЕРШЕУЛЕУ** *Кершеуле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРШУДАН** з а т. а ң ш. *Түлкінің аса қызыл емес түсі.*

**КЕРШІЛ** с ы н. *Кертартпа, ескішіл.*

**КЕРШІЛДІК** з а т. *Өткенді көксеушілік, кертартпалық.*

**КЕРІ**[1] ү с т. **1.** *Артқа қарай, кейін, қайта.* **2.** *Қарама-қарсы, қайшы.* **3.** а у ы с. *Керісінше, қисық.* **4.** а у ы с. *Қайыра, енді бір рет.*

**Кері айыл.** а) *Ердің үстін бастыра аттың шабына жақын тартылатын қосымша тартпа.* ә) *Жөнге көнбейтін қисық, қыңыр.* **Кері аударғыш.** и н ф. <ағыл. decompiler> *Кіріске және оған барабар бағдарламаны программалау тілінде беретін бағдарлама.* **Кері байланыс.** а) и н ф. <ағыл. feedback communication>*Кейбір кибернетикалық жүйенің шығыстық шамасының тікелей немесе жанама түрде осы жүйенің кірістік шамасына әсері.* ә) *Ақпарат құрылғы басқаратын объектіден басқару құрылғысына кері қайтатын процесс.* б) *Қандай да бір жүйенің сыртқа шығатын сигналдың сол жүйенің өзіне тигізетін әсері.* в) п е д. *Білімді тексеруге арналған тапсырмалар жүйесі.* г) э к о н. *Бақыланбайтын факторды қадағалауға және олардың күшті немесе әлсіз жақтарын бағалауға тырысатын процесс.* **Кері бақты.** *Көнбей тыртыты.* **Кері бонификация.** э к о н. *Жеткізілген тауардан сапасы шартта уағдаласылған сападан төмен болса, оның бағасынан шегеру.* **Кері еңістік.** с у ш а р. *Өзен, канал табанының биіктік көрсеткіші немесе бетінің деңгейінің биіктік көрсеткіші ағын ұзындығымен бірге жоғарылайтын еңкіштіктің бір түрі.* **Кері жобалау.** и н ф. *Бағдарламада пайдаланылатын принциптерді анықтауға жасалынатын талдау.* **Кері жүрді.** а) *Дойбы, шахмат ойындарында өз тасын кері қарай ысырып ойнады.* ә) *Керісінше істеді.* **Кері келді.** *Басқаның басындағы жағдай екінші бір кісіде болды деген мағынада.* **Кері кетті.** а) *Нашарлады, төмендеп кетті.* ә) *Ілгері баспады, қырсықты.* **Кері кетушілік.** *Кертартпалық.* **Кері клапан.** с у ш а р. *Сұйықтықты тек бір бағытта өткізетін клапан.* **Кері код.** и н ф. <ағыл. bask code> а) *Берілген екілік саннан барлық нөлдерді бірлікпен, ал барлық бірліктерді нөлмен алмастыру арқылы алынатын код.* ә) *Тура кодты разряд-разряд бойынша терістеу арқылы алынған код.* **Кері мутация.** б и о л. *Қайтара мутацияның нәтижесінде мутантты ағза фенотипінің бастапқы қалыбына (жабайы типке) қайтып келуі.* **Кері пропорционал шамалар.** м а т. *Біреуі қанша рет артқанда (кемдегенде) екіншісі сонша рет кемитіндей (артатындай) болып байланысқан екі шама.* **Кері сатып алу.** э к о н. *Бұрын сатылған фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелерді кері сатып алу арқылы тоқтату.* **Кері соғу.** ә с к. *Ату кезіндегі оқ-дәрі газы қысым күшінің оқатар қару (тапанша, мылтық, автомат, пулемет, артиллериялық зеңбіректер) ұңғысының арнасы түбіне әсер етуі.* **Кері сөйледі.** *Әдейі қырсығып сөйледі, бас десе құлақ деді.* **Кері сүзгі.** *Бір немесе бірнеше қабат сусымалы материалдармен (құм, құмды топырақ, тас және т. б.) сүзілген ағын бағытына сәйкес материалдың ірі түйірлігі ұлғая түсетін сүзгі.* **Кері тақыс.** *Қияңқы, қырсық.* **Кері талап.** қ ұ қ ы қ. *Жеке немесе заңды тұлғаның төленген залалды немесе міндеттемелерді (шартты) толық не тиісті дәрежеде орындамағаны үшін келтірілген залалды тікелей кінәлі тұлғаларға аудару туралы арбитражға немесе сотқа қойған талабы.* **Кері тартты.** а) *Кейін бұрылды, қайта қайтты.* ә) *Бөгет болды, тежеді.* б) *Кедергі болды, кейін тартты.* **Кері теппейтін артиллерия.** ә с к. *Кері теппейтін зеңбіректерден тұратын әскери артиллерия.* **Кері тепті.** *Жақын тартпады, жуытпады, жолатпады.* **Кері тоңазытқыш.** х и м. *Зертханалық практикада буды конденсациялау және түзілген сұйықтықты реакциялық ыдысқа қайтару үшін қолданылатын тоңазытқыш.* **Кері тізбе.** и н ф. *Жасанды интеллект құру зерттеулерінде пайдаланылатын тәсіл.* **Кері үйлесімділік.** и н ф. *Күрделі жүйенің өте қарапайым жүйемен жұмыс істеу қабілеттілігі.* **Кері функция.** м а т. *Берілген функцияға тән тәуелдікті кері өрнектейтін функция.* **Кері шақыру.** и н ф. <ағыл. call-back> *Мәліметтерді рұқсатсыз алудан, беруден сақтану үшін қолданылатын әдіс.* **Кері шығару.** и н ф. <ағыл. reverse reasoning> *Сараптық жүйеде қорытындыдан жіберуге бағытталған білімдер базасының ережелерін өңдеуге негізделген айнымалының мәнін анықтау әдісі.* **Кері экспорт.** э к о н. *Басқа елдерден әкелінген тауарларды (әдетте, шикізатты) өңдемей (қайта өңдемей) қайта сату.* **Кері іздестіру.** и н ф. *Мәтіндерді дайындау бағдарламаларындағы сөздерді іздестіру процесі.*

**КЕРІ**[2] з а т. *Кебі, сыңайы.*

**Кері келді.** *Кебін киді, басқаның басындағы жағдай екінші бір кісіде болды деген мағынада айтылады.* **Кері келу.** *Істің сыңайы солай болу.* **Керін киді.** ***Кебін киді.***

**КЕРІГУ** *Керік етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІЗ** з а т. с ө й л. ***Кәріз.***

**КЕРІК**[1] з а т. **1.** *Тарпаң немесе құлан тәрізді түз тәрізді тағысы мен үй жылқысының буданынан шыққан төртпақ, жауырыны жалпақ болып келетін жануар.* **2.** э т н. к ө н е. *Ертеден батырдың, балуанның мінген осындай аты.*

**КЕРІК**[2] з а т. э т н. <лат. giraffa comelopardalis> *Бұтағы айыр, аша болып өскен ағаштан теріні кептіру үшін жасалған теріні жайып кептіретін ағаш.*

**Керік ағаш.** қ о л ө н е р. *Етіктің қонышын керіп қоятын ағаштан жасалған домалақ пішінді зат.*

**КЕРІК**[3] з а т. з о о л. <лат. ciraffa camelopardalis> *Бір не екі мүйізі болатын мойны ұзын, түгі қызыл-сары, аяғы ұзын, ыстық жақты мекендейтін, керіктер тұқымдасына жататын ірі сүтқоректі жануар.*

**КЕРІК**[4] з а т. ж е р г. *Бүт артар көлік.*

**КЕРІК**[5] з а т. а с т р. *Аспанның Солтүстік жарты шарында терістік полюс үстіне орналасқан шоқ жұлдыз.*

**КЕРІК**[6] с ы н. ж е р г. *Екі арасы қашық, шалғай.*

**Керік дала.** п о э т. *Кең, мидай жазық.* **Керік қас.** *Қасы керілген, сұлу, кербез.* **Керік маңдай.** *Кең, ашық маңдай.*

**КЕРІК**[5] с ы н. *Жалқау, кербез.*

**КЕРІК=** е т. *Әлдеқандай болып керіліп-созылу, бөлсіну.*

**КЕРІКТІК** з а т. *Кербездік, керіліп-созылғандық.*

**КЕРІЛ** з а т. э к с п р. *Қызыл өңеш ұрыс, керіс, дау-жанжал.*

**КЕРІЛ=** е т. **1.** *Тартылу, созылып, жазылу.* **2.** *Байлану.* **3.** *Бой құрысын жазу, ұйқыдан тұрғанда, ұзақ уақыт қозғалыссыз қалғаннан кейін қолын созып, денесін керу.* **4.** а у ы с. *Кеңінен созылу, жазыла түсу.* **5.** а у ы с. *Кербезденіп ширену, шалқаю.*

**Керілген қас.** *Жіңішке, жіптіктей қас.*

**КЕРІЛДЕ=** е т. *Келісе алмау, керісу, айтысу.*

**КЕРІЛДЕС=** е т. *Сөзге келісе алмау, айтысу, керісу.*

**Керілдесіп алды.** *Алдымен бір ұрысты.*

**КЕРІЛДЕСУ** *Керілдес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІЛТ=** е т. **1.** *Кердіру.* **2.** а у ы с. *Асу, тұрғызу.*

**КЕРІЛТУ** *Керілт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІЛУ** *Керіл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІЛІК** з а т. *Өткенді көксеушілік, кертартпалық.*

**КЕРІЛІП-СОЗЫЛ=** е т. **1.** *Әртүрлі қимыл жасап, дененің құрыс-тырысын жазу.* **2.** а у ы с. *Жайбарақаттану, ырғалып-жырғалу, асықпау.*

**КЕРІЛІП-СОЗЫЛУ** *Керіліп-созыл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІМ**[1] с ы н. **1.** *Кербез, паң, сылқым.* **2.** *Кеңпейіл, рақымы көп, жомарт.*

**КЕРІМ**[2] ү с т. **1.** *Сондай тамаша, керемет, ғажап.* **2.** *Аса, тым, өте, тіпті, керемет.*

**КЕРІМ**[3] з а т. *Дені, негізі.*

**КЕРІМДЕЙ** с ы н. ***Керім***[2].

**КЕРІМДІК** з а т. **1.** *Сұлулық.* **2.** *Кербездік, паңдық.*

**КЕРІМ-КЕРБЕЗ** с ы н. *Сәнқой, сәнқұмар.*

**КЕРІМАЛ** с ы н. *Кертартпа (мылқау).*

**КЕРІМСАЛ**[1] [ир.] з а т. **1.** *Шілде кезінде соғатын аңызақ, ыстық жел.* **2.** а у ы с. *Қиындық, кесапат.*

**КЕРІМСАЛ**[2] с ы н. **1.** *Жанға жайлы, ғажап, керемет.* **2.** *Кербез, маңғаз.*

**КЕРІН=** е т. *Керіліп, тәкаппарланып жүру.*

**КЕРІҢКІ** с ы н. *Кең ернеулі.*

**КЕРІҢКІРЕ=** е т. *Иығын түзеп, кеудесін алға қарай шығарыңқырау, ашыңқырау.*

**КЕРІҢКІРЕУ** *Керіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІП-КЕРІП** ү с т. **1.** *Қайта-қайта керіп, созып.* **2.** а у ы с. *Есіне қайта-қайта түсіп.*

**КЕРІП-СОЗ=** е т. *Денесінің құрыс-тырысын жазу.*

**КЕРІП-СОЗУ** *Керіп-соз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІС**[1] з а т. **1.** *Сөзге келіп, салғыласқан дау-дамай, ерегіс, ұрыс.* **2.** *Пікірталас, дау.*

**Керіс әңгіме.** *Ұрыс, дау-жанжал.* **Керіске түсті.** *Айтысты, дауласты, сөз таластырды.* **Керіс сөз.** *Ұрсу сөз.*

**КЕРІС**[2] з а т. к ө н е. *Серіппелі қатты ағаш шыбығының екі ұшын қайыспен тартып, доғаша иіп жасаған қол қаруы, садақ.*

**КЕРІС**[1]**=** е т. *Созысу, тартысу.*

**КЕРІС**[2]**=** е т. **1.** *Сөз салғыласу, жанжалдасу, ұрсысу.* **2.** к ө н е. *Әңгімелесу, жөн сұрасу.*

**Керіскен адамдай.** *Томсырайып, ұрсысып қалғандай.* **Керісіп қалды.** *Ұрысты, жүз шайысты.*

**КЕРІСКЕДЕЙ** сын. **1.** *Ірі, толық.* **2.** *Үлкен, келсаптай.* **3.** *Алпамсадай, соқталдай.*

**КЕРІС-КЕЙІС** зат. *Қырғиқабақтық, ренжісу.*

**КЕРІСКЕК** сын. *Салғыласа, ілігісе кететін, ұрысқақ.*

**КЕРІСКЕНДЕЙ** сын. ***Керіскедей.***

**КЕРІС-ТАЛАС** зат. *Ұрыс-керіс, дау-дамай.*

**КЕРІС-ТАРТЫС** зат. *Ұрыс, талас.*

**КЕРІСТЕ=** ет. *Құлаштау.*

**КЕРІСТЕНДІРУ**: **бойын керістендірді**. *Бой тартты, өзін аулақ ұстады.*

**КЕРІСТІР=** ет. *Біреу мен біреуді, не біреулерді әдейілеп ұрыстыру.*

**КЕРІСТІРУ** *Керістір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІСУ** *Керіс етістігінің қимыл атауы.*

**КЕРІС-ШАЛЫС** сын. *Қажасқан жекіріс, ұрыс-керіс.*

**КЕРІСІНШЕ** үст. *Қарама-қарсы, қайшы. // Одан гөрі, қайта мағынасындағы қыстырма сөз.*

**КЕРІСІП-КЕРІСІП** үст. *Салғыласып-салғыласып, қайта-қайта сөзге келіп.*

**КЕРІТ=** ет. сөйл. ***Керт.***

**КЕРІТАРТПА** сын. ***Кертартпа.***

**Керітартпа салық салу.** экон. *Табысқа кереғар ауыртпалық түсіретін салық салу.*

**КЕРІТӨҢКЕРІСШІЛ** сын. саяси. <франц. tre-revolution> *Өткенді қайта қалпына келтіруді көксейтін, төңкеріске қарсы күреске қатысушы.*

**КЕРІТӨҢКЕРІСШІЛДІК** зат. *Өткенді қайта қалпына келтіруді көксейтін, төңкеріске қарсы қызу күрес.*

**КЕРІШ** зат. **1.** *Топырақ, құмы қатып қалған жер қыртысы. // Қатып қалған.* **2.** геол. *Конгломераттардағы, брекчиялардағы, құмтастардағы және құмайт тастардағы сынықты материалдарды бір-бірімен байланыстыратын зат.*

**Керіш соқтырды.** *Әктастан қорған тұрғызды.*

**КЕС** зат. көне. *Кесір, қырсық.*

**КЕС=** ет. **1.** *Бір нәрсені өткір құралмен (пышақ, балта, қылыш) тілу, бөлу.* **2.** *Қию, қысқарту.* **3.** *Еркек малдың енін пішу, сылу. // Сүндетке отырғызу.* **4.** ауыс. *Межелеп бөлу.* **5.** ауыс. *Бір нәрсені басып өту, қию.* **6.** *Бұзу.* **7.** ауыс. *Келісу, ұйғару, шешу.* **8.** ауыс. *Үкіммен жазаға тарту, соттау.* **9.** ауыс. *Берік тұжырымға келу, шешім қабылдау.* **10.** *Бетіне айту, қаймықпау, ойындағысын айта салу.* **11.** ауыс. *Тыю, тоқтату, өткізбеу.*

**Кес болады.** *Кедергі жасайды, тосқауыл болады.* **Кескен бөренедей.** *Келсаптай болып, қақайған, состиған.* **Кескен томардай.** *Домаланған, жұп-жұмыр.* **Кессе қан тамбайтын [шықпас].** а) *Өліп кетсе де сыр айтпайтын қайсар, табанды, шыдамды.* ә) *Терісі сүйегіне жабысқан арық.* б) *Түк тамбас сараң.* **Кесіп айтты.** *Үзілді-кесілді, турасын айтты.* **Кесіп айту.** *Бірден шешімге келу.* **Кесіп алса, қан шықпайтын.** а) *Терісі сүйегіне жабысқан, арық.* ә) *Мейірімсіз, қатал, өте қатты.* **Кесіп өтті.** *Көлденеңінен жүріп өтті, тура жол салды.* **Кесіп салды.** *Мойнына салды; қарыздар етті.* **Кесіп тастады.** а) *Турасын айтып, қайтарып тастады.* ә) *Алдын бөгеді, бөліп тастады.* **Кесіп тастау.** инф. <ағыл. clipping> *Берілген шекарадан тыс тұрған кескін бөліктерін жою.*

**КЕСА** зат. ескікіт. *Жүннен тоқылған киім.*

**КЕСАПАТ** [ар. كثافة] зат. **1.** *Зиян, кесір.* **2.** *Бөлелі қырсық.* **3.** *Бақытсыздық, сормаңдайлық.* **4.** *Кесірлі, жаман адам.* **5.** *Сұмдық, жаман әдет.*

**Кесапат құйын.** стиль. *Қара құйын, алапат құйын.* **Кесапаты жұқты.** *Кесірі тиді.* **Кесапаты [кесірі] тиді.** *Зардабы, жаман әсері болды.*

**КЕСАПАТТАУ** сын. *Кесірлілеу, қырсықтау.*

**КЕСАПАТТЫ** сын. **1.** *Кесірлі, бәлелі, қырсықты.* **2.** *Зиянды, зардабы бар.*

**КЕСАПАТТЫҚ** зат. *Кесірлік, қырсықтық.*

**КЕСБЕЛТЕК** сын. сөйл. ***Кеспелтек.***

**КЕСЕ**[1] зат. *Фарфордан дөңгелектеп істеген шай, сорпа ішетін пиала, шыны.*

**Кесе тұяқ.** поэт. *Дөңгеленген ат тұяғы.*

**КЕСЕ**[2] зат. *Қырсық, пәле.*

**КЕСЕ**[3] үст. ***Көлденең.***

**Кесе байлады.** *Аттарды бір-бірінен қарама-қарсы байлады.* **Кесе басты.** *Жылқы аяқтарын шалыс басты.* **Кесе жүгірді**. *Көлденеңінен өте шықты.* **Кесе қар.** *Омбы қар, күртік қар.* **Кесе өтпеді [өткен жоқ].** а)*Кішіліктен иба, ізет көрсетті.* ә) *Қарсы келмеді, қарсыласпады.* **Кесе өткізбеді.** *Аяғын аттатпады.* **Кесе сөйледі.** *Батыл сөйледі, бетің бар, жүзің бар демей сөйледі.* **Кесе түсу.** *Бөгет, тосқауыл, кедергі болу.* **Кесе тұрды.** а) *Іске, не жолға көлденең тұрып бөгет болды.* ә) *Тұрып қалатындай.*

**КЕСЕ-АЯҚ** зат. *Шай ішетін әртүрлі шыны ыдыс жиынтығы.*

**КЕСЕГЕ** зат. *Көлденең жатқан жота.*

**КЕСЕГІРЕК** сын. **1.** *Үлкенірек, кесектеу, ірірек.* **2.** ауыс. *Ірілеу, ауқымдырақ.*

**КЕСЕДЕЙ** сын. *Кесе сияқты, кесе тәрізді.*

**КЕСЕК**[1] зат. **1.** *Топырақтың жентектеліп қатып қалған ірісі.* **2.** *Бір бөлік, бөлшек, түйір.*

**Кесек атқан.** *Жамандық істеген, кедергі болған.* **Кесекпен атты [лақтырды].** *Тигенде ауыртып, жаралайтын топырақтың қатты ірісін лақтырып, аластады, қуды т.б.* **Кесек [тас] атушы.** *Жамандық, қастандық жасаушы.* **Кесек тастай болып.** *Қатты батып, жатқызбай.*

**КЕСЕК**[2] зат. жерг. *Сабан-топан араластырып, лай балшықтан істелген кірпіш. // Кесектен құйылған, кесектен жасалған.*

**Кесек қант**. *Ірі-ірі етіп, белгілі бір қалыпқа салып қатырылған шекер, шақпақ қант.* **Кесек құйды.** *Лай-балшықтан кірпіш жасады.* **Кесек құю.** *Кірпіш құю.* **Кесектен соққан кенттей.** поэт. *Сенімді, тұрақты, мызғымайтын деген мағынада.* **Кесек шөгінді.** геогр. *Тау беткейлерінің етегі мен төменгі бөліктерінде жиналған таужыныстарының сынықтары.*

**КЕСЕК**[3] сын. **1.** *Ірі, ұлкендеу.* **2.** ауыс. *Ірі, ұлкен, зор.* **3.** *Мықты, күшті, көлемді.*

**Кесек ақша**. *Бүтін, ірі ақша, ұлкен сомалы ақша.* **Кесек бас**. *Үлкен, ірі бас.* **Кесек денелі [тұлғалы]**. *Сүйегі ірі, дене бітімі еңгезердей.* **Кесек киіз**. *Басылған күйіндегі тұтас киіз.* **Кесек образ.** әдеб. *Ірі бейне, негізгі кейіпкер.* **Кесек ой**. *Ауқымды ой.* **Кесек сөз.** *Ойлы сөз, ұлкен адамның сөзіндей.* **Кесек сөйледі.** *Айтар сөзін түгел айтты, ірі сөйледі.* **Кесек талант иесі.** *Ірі тұлға, аса талантты адам.* **Кесек туынды.** *Тілінің көркемдігімен тақырыбы, сюжеті сай мықты шығарма.* **Кесек ұғым.** *Ірі түсінік, іргелі ой.* **Кесек шешті**. *Ірілік көрсетті.*

**КЕСЕК-КЕСЕК** сын. **1.** *Ірі-ірі, тұтастай. // Ірі-ірі, ұлкен-ұлкен қылып. // Тұтастай қалпымен, бөлшектемей.* **2.** *Бөлік-бөлік.* **3.** ауыс. *Ірі-ірі, ауыр тиетін, ойлы.*

**Кесек-кесек бітімді.** *Ірі біткен, ұлкен.*

**КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ** үст. **1.** *Кес-кестеп, қиғаш, қиыс.* **2.** ауыс. *Көлбеңдеп, кедергі болып.*

**Кесе-көлденеңнен аулақ**. *Кедергі, тосқауылдан жырақ, аулақ жүру.* **Кесе-көлденең өткізбеді.** *Босқа жібермеді.* **Кесе-көлденең тұрды**. *Кедергі жасады, бөгет болды, кесірін тигізді.* **Кесе-көлденең тұру.** *Кедергі болу, жолын байлау.* **Кесе-көлденең түсті.** *Ұзынынан ұзақ созылып, сұлап жатты.*

**КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢДЕП=** ет. *Қарсы алдын кес-кестеп, қиыс келу, жолын кесіп тұрып алу.*

**КЕСЕКТАС** зат. геол. *Көбіне әктастар, доломиттер, құмтастар (әдетте жару әдісімен) алынатын ірі (көлденеңі 15–20 см) таужыныс кесектері.*

**КЕСЕКТЕ=** ет. **1.** *Ұсақтап майдаламай, ірілеу ету.* **2.** *Тас, кесек, т.б. заттармен атқылау, ұру, қуу.* **3.** *Кесек лақтыру.* **4.** *Шашырату, лаймен былғау. // Ірі, тұтас қалпында.*

**Кесектеп жейді.** жағымсыз. *Параны, біреудің есебін жеуді ұсақ-түйек емес, ірілеп, қомақты қылып алады.*

**КЕСЕКТЕЙ** сын. **1.** *Ірі-ірі, ұлкен қалпында.* **2.** *Кесек кірпіш сияқты.* **3.** *Топырақтың қатқан сірісі сияқты.*

**КЕСЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Жиналу, жентектелу, кесек болу.* **2.** ауыс. *Ірілену, тұлғасы шығу.* **3.** ауыс. *Бөліну, бөлек қалу.*

**КЕСЕКТЕЛУ** *Кесектел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСЕКТЕН=** ет. *Ірілену, тұлғалану, тұлғасы шығу, сомдану.*

**КЕСЕКТЕНУ** *Кесектен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСЕКТЕУ**[1] сын. **1.** *Бітімі ірілеу, сом.* **2.** *Үлкендеу.* **3.** ауыс. *Сесті, сұстылау.*

**КЕСЕКТЕУ**[2] *Кесекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСЕКТІ** сын. *Кесегі бар, кесек аралас.*

**КЕСЕКТІК** зат. **1.** *Қалып, бітімдегі ірілік, сомдық.* **2.** ауыс. *Ірілік.*

**КЕСЕКШЕ** үст. *Кесек сияқты.*

**КЕСЕҚАП** зат. көне. этн. *Көшіп-қонуға лайықталып, басқұрдан, былғарыдан жасалған кесе салатын қалта.*

**КЕСЕЛ**[1] [ар. كسل] зат. **1.** *Дерт, сырқат, ауру.* **2.** ауыс. *Бәлелі кесір, қырсықты кедергі.* **3.** ауыс. *Ұнамсыз дағды, жаман әдет. // Пәле, қу.* **4.** ауыс. *Зорлық, қиянат, жамандық.* **5.** *Зиян, зардап.*

**Кесел болды.** *Кесір, кедергі болды.* **Кеселге жолықты**. *Жолына қырсық байланды.* **Кесел жасады [келтірді].** а) *Кедергі жасады.* ә) *Кесірін, залалын тигізді.* **Кесел жұқтырды**. а) *Кесірін тигізді.* ә) *Жаман әдеттендірді.* **Кесел тартты.** *Ауруға шалдықты, кеселденді.* **Кеселі көп**. *Пайдасынан зияны көп, қырсығы тиетін (шаруа, адам).* **Кеселін қара.** *Пәлесін қара деген мағынада.* **Кеселін тигізді.** *Кесірлік етті, зияндық жасады.* **Кеселі өзінде**. *Барлық пәле өзінде тұр, өзінен шығып жатыр деген мағынада.* **Кеселі тиді.** *Кесірі жұқты, кедергі болды.*

**КЕСЕЛ**[2] зат. зоол. <лат. varanus> *Кесірткелер отрядына жататын бауырымен жорғалаушы жәндік.*

**КЕСЕЛДЕЙ** үст. *Кесел сияқты, кесел тәрізді.*

**КЕСЕЛДЕН=** ет. **1.** *Дертке шалдығу, сырқат болу; ауру.* **2.** ауыс. *Қырсығу, қиқарлану, кесірлену.*

**КЕСЕЛДЕНГІШ** зат. *Аурушаң, тез ауруға шалдыққыш.*

**КЕСЕЛДЕНУ** *Кеселден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ауру, дертке шалдығу.* **2.** ауыс. *Қырсығу, кесірлену.*

**КЕСЕЛ-ДЕРТ** зат. *Ауру-сырқау.*

**КЕСЕЛДІ** сын. **1.** *Сырқатты, аурулы.* **2.** ауыс. *Қиқарланған қырсықты, пайдасы жоқ, кесірлі.*

**КЕСЕЛДІК** зат. **1.** *Ауруы, дерті бар болушылық.* **2.** ауыс. *Залалын тигізетін кесірлік, кедергі.*

**КЕСЕЛДІ-КЕРДЕҢ** сын. *Кесірлі, пәле, зиянды.*

**КЕСЕЛЕП** үст. **1.** *Үлкендеу қылып тілінген қауынды қабығынан сылып алып төртбұрыш-төртбұрыш етіп кесе турау сипаты.* **2.** ауыс. *Аз-аздап, там-тұмдап.*

**КЕСЕЛЕ=** ет. **1.** *Алдынан кесе-көлденеңдеу.* **2.** *Тура, қиғаштай жүру. // Орта жолда.*

**КЕСЕЛЕЙ** үст. *Кесе-көлденең, бел ортасынан.*

**КЕСЕЛЕТІП** үст. *Кесе-көлденең, жүретін жолға қойып.*

**КЕСЕЛЕУ** *Кеселе етістігінің қимыл атауы; кесе-көлденеңдеу.*

**КЕСЕЛ-КЕДЕРГІ** зат. *Тосқауыл.*

**КЕСЕЛ-КЕРТЕ** зат. *Қырсық, кедергі, тосқауыл.*

**КЕСЕЛ-КЕСАПАТ** зат. **1.** *Ауру-сырқау.* **2.** *Қырсық, бәле-жала.*

**КЕСЕЛ-ҚЫРСЫҚ** зат. *Пәле, ауру, қырсық.*

**КЕСЕЛСІЗ** сын. **1.** *Ауру-сырқаусыз.* **2.** *Зиянсыз, зардапсыз.*

**КЕСЕЛХАНА** зат. көне. *Аурухана.*

**КЕСЕЛІНЕН** үст. *Кесірінен, біреудің кедергі болуынан.*

**КЕСЕ-МЕСЕ**[1] зат. сөйл. *Кесе, тәрелке, шыны сияқтылардың бәрі.*

**КЕСЕ-МЕСЕ**[2] үст. *Ештемеге қарамай, көлденеңінен басып өту.*

**КЕСЕНЕ** зат. этн. **1.** *Беделді, атақты кісілердің көрнекті болып, күмбезді көтерілген қабірі.* **2.** сәулет. *Қабір, бейіт, күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш.* **3.** тар. *Үй, қоныс-тұрақ, төбесі жабылған құрылыс.*

**КЕСЕР** зат. қолөнер. *Кілемнің жібін кесіп отыратын ілмек пышақ.*

**Кесер кеңірдекке [келгенде].** жерг. *Жеме-жемге келгенде, сайып келгенде.*

**КЕСЕР-КЕЛДЕ** зат. *Жеке басына қатысты келеңсіз оқиға.*

**КЕСЕРТКЕ** зат. сөйл. ***Кесіртке.***

**Кесертке құрлы көрмеді.** сөйл. *Кесіртке құрлы көрмеді, түк көрмеді, оңай, жеңіл қабылдады.*

**КЕСЕСУ** сын. *Кесімді.*

**КЕСЕСІ: кесесінен қарады.** *Аттың сыны бойынша бәйгеге қосуға дайын, жараған аттың сипаты.*

**КЕСЕТ**[1] зат. *Қырсық, кесел, кедергі, кесір.*

**КЕСЕТ**[2] зат. көне. *Жарғақтан істелген темекі салатын, аузы буылатын қалта.*

**КЕСЕТ=** ет. **1.** *Ескерту, сес көрсету, білдіру.* **2.** *Зілдену.*

**КЕСЕ-ТАБАҚ** зат. *Кесе, табақ ыдыстардың жиынтық атауы.*

**КЕСЕУЕТ** сын. *Қырсық, пәлелі.*

**КЕСЕ-ШӘЙНЕК** зат. *Ыдыс-аяқ, аққұман, кесе сияқты шай құралдары.*

**КЕСЕШОҒЫРЛЫҚ** зат. геол. *Псефиттік таужыныстардағы сынықтардың шоғырлану дәрежесі.*

**КЕСКЕК** зат. **1.** этн. *Бұйда есебінде түйенің мұрындығына байлайтын ұзындау жұмыр таяқ.* **2.** вет. *Мал жауыр болғанда, құрттағанда басын бұра алмайтындай етіп мойнына байлап қоятын таяқ.* **3.** *Иттің киіз үйге кіріп кетпеуі үшін кеудесіне көлденең керіп байлап қоятын ағаш.* **4.** экспр. жақтырмау. *Домбыра, кетпен, күрек т.б.* **5.** ауыс. *Тіреуіш, көлденең таяқ.* **6.** ауыс. *Бөгет, кедергі.*

**Кескек байлаған қойша.** *Салақтатып, ебедейсіз, сорайтып.* **Кескекті үзді.** *Кедергіге қарамады, мойынсұнбады.*

**КЕСКЕКТЕ=** ет. **1.** *Кескек салу.* **2.** *Алдын орау, кесе-көлденеңдеу.*

**КЕСКЕКТЕЙ** сын. *Кескек сияқты, кескек тәрізді.*

**КЕСКЕКТЕУ** *Кескекте етістігінің қимыл атауы; байлау, кепіл ағаш қойып байластыру.*

**КЕСКЕКТІ**[1] сын. *Мойнында кескегі бар, кескек байлаған.*

**КЕСКЕКТІ**[2] сын. көне. **1.** *Түп-тегі мықты.* **2.** ауыс. *Ызалы, ашулы.*

**Кескекті аю.** а) *Мазасыз, ұрысқақ, арпалысып отыратын адам.* ә) *Өр, ержүрек, жаужүрек.* **Кескекті аюдай.** *Ашулы, ызақор.* **Кескекті ердің сойы.** поэт. *Батыр, өлтірмей, кек алмай қоймайтын жаужүрек.*

**КЕСКЕКШЕ** үст. *Кескекке ұқсатып.*

**КЕС-КЕСТЕ=** ет. **1.** *Алдын орағыту, кесе-көлденеңдеу.* **2.** ауыс. *Кедергі жасау.*

**КЕС-КЕСТЕУ** *Кес-кесте етістігінің қимыл атауы; кесе-көлденеңдеу.*

**КЕСКІЗ=** ет. **1.** *Кестіру, аралау, қидыру.* **2.** *Кесіп алып тастату, шолақ ету.*

**КЕСКІЗУ** *Кескіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСКІЛ**: **кескіл тұмсық.** *Үшкір тұмсық.*

**КЕСКІЛЕ=** ет. **1.** *Кесіп-кесіп тастау, тілгілеу, турау.* **2.** ауыс. *Аямау, қинау, азаптау.* **3.** ауыс. *Ажырату, айыру, аспанды бұлттан ашу.*

**Кескілеп өтті.** *Осып-осып кетті.*

**КЕСКІЛЕН=** ет. **1.** *Пышақталу, тілгілену.* **2.** *Қорлану, азапталу.*

**КЕСКІЛЕНУ** *Кескілен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСКІЛЕС=** ет. *Соғысу, соғысқа, ұрысқа шығу.*

**Кескілескен айқас.** *Ұрыс, қантөгіс.* **Кескілескен майдан [шайқас].** *Қан майдан, қанды соғыс.*

**КЕСКІЛЕСУ** *Кескілес етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСКІЛЕТ=** ет. *Пышақтату.*

**КЕСКІЛЕТУ** *Кескілет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСКІЛЕУ** *Кескіле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тілгілеу.* **2.** ауыс. *Осқылау.* **3.** *Азаптау, қинау.*

**КЕСКІН** зат. **1.** *Бет пішін, әлпет, келбет.* **2.** *Тұлға-тұрпат.* **3.** *Тұр.* **4.** *Бейне.* **5.** псих. *Бейне, нысанның адам санасында бейнеленуі, философиялық, психологиялық, социологиялық және эстетикалық пайымдаулардың ұғымы.* **6.** инф. <ағыл. display image> *Мәліметтерді көзге көрінетіндей ұсыну; көзбен көру, бетіне бір уақытта шығаруға болатын шығу мен сегменттер примитивтерінің жиынтығы.* **7.** *Сурет.*

**Кескін аймағы.** инф. <ағыл. image area> *Шағын баспа жүйе бағдарламасындағы беттің бөлігі.* **Кескіндерді айырып тану.** инф. <ағыл. image recognition> *Ақпарат кескіндермен немесе оптикалық сигналдармен ұсынылған жағдайда бейнелерді айырып тану.* **Кескіндерді енгізу құрылғысы.** инф. <ағыл. graphic digitizer> *Растрлық матрица түрінде компьютерге екі өлшемді, жарты реңкті кескінді енгізуді жасақтайтын құрылғы.* **Кескіндерді қысуды басқару бағдарламасы.** инф. <ағыл. image compression manager> *Сурет түріндегі кескіндерді қысудың немесе қалпына келтірудің әртүрлі әдісін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін бағдарлама.* **Кескіндерді өңдеу.** инф. <ағыл. picture processing> а) *Адамдардың кескіндерді көруін, қабылдауын жақсарту үшін дербес компьютердің аппараттық бағдарламалық құралдарының көмегімен кескіндерді талдай отырып түрлендіру.* ә) *Кескінді цифрлық формаға түрлендіру және оны келесі өңдеу.* **Кескіндерді өңдеу тақшасы.** инф. <ағыл. image processing board> *Экрандағы (теледидарлық) кескіндерді күрделі түрдегі өңдеуден өткізетін баспа тақша.* **Кескінді шешу.** инф. <ағыл. permit of scene> *Графикалық кескіннің аудан бірлігіндегі ақпарат мөлшерін анықтайтын параметр.* **Кескін масштабын өзгерту.** инф. <ағыл. zooming> *Экран терезесін немесе таңдап алынған суреттің, графикалық бейненің масштабын өзгерту – үлкейту, кішірейту.* **Кескіннің түсін түзету.** инф. <ағыл. image color matching> *Түс туралы ақпаратты, аппараттық-тәуелсіз өңдеуді жасақтайтын Windows 95-тің жаңа ішкі жүйесі.* **Кескін сегменті.** инф. <ағыл. display (image) segment> *Машиналық графикада – біртұтас бүтін ретінде шақыруға болатын кескіннің (графикалық примитивтердің) элементтер тобы.* **Кескініңнен айналайын.** сөйл. *Біреуді, әсіресе кішкентай баланы жақсы көру сезімін білдіретін, еркелететін сөзқолданыс.* **Кескініңді ит жалағыр.** сөйл. *Кішкентай баланы, жақын адамдарды өзімсініп еркелеткенде айтатын сөзқолданыс.* **Кескінің құрысын**! сөйл. *Өзімсініп, еркелеткен жақын адамның сөзі.*

**КЕСКІН-ӘЛПЕТ** зат. *Бет-пішін, тұр-тұрпат.*

**КЕСКІНДЕ** = ет. **1.** *Суреттеу, сипаттау.* **2.** *Оюлау, әдемілеу.* **3.** *Бейнелеу, кейіптеу.*

**КЕСКІНДЕЛ=** ет. **1.** *Сомдалу, бейнелеу.* **2.** *Біліну, қалпына келтірілу, көріну, әдемілену.*

**КЕСКІНДЕЛУ** *Кескіндел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕСКІНДЕМЕ** зат. өнер. *Белгілі бір заттың бетіне бояумен салынған көркем шығарма; бейнелеу өнерінің бір түрі.*

**КЕСКІНДЕС** сын. *Пішін нобайы ұқсас, әлпеттес.*

**КЕСКІНДЕУ** *Кескінде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нобайлау, нобайын жасау.* **2.** *Бейнелеу.* // *Бейне.*

**КЕСКІНДЕУШІ** зат. *Бейнелеуші, ойнаушы.*

**КЕСКІНДІ** сын. **1.** *Әлпетті, пішінді.* **2.** *Келбеті әдемі, келісті, сымбатты.* // *Жақсы, дұрыс, әдемілеп.*

**КЕСКІН-КЕЙІП** зат. *Сырт пішін, түр-әлпет.*

**КЕСКІН-КЕЛБЕТ** зат. **1.** *Кейіп-пішін, түр-әлпет.* **2.** *Түр, жалпы түрі.* **3.** *Болмыс, табиғат.*

**КЕСКІНСАЛҒЫШ** зат. инф. <ағыл. plotter> *Бейнесызбалық мәліметтерді (бейнесызба, құрылым, сызба түрінде берілген ақпаратты) қағаз бетіне шығаруға арналған құрылғылар.*

**КЕСКІНСІЗ** сын. *Түр-әлпеті келіспеген, реңсіз, келбетсіз.*

**КЕСКІНСІЗДЕУ** сын. *Пішінсіздеу, реңсіздеу, келбетсіздеу.*

**КЕСКІНСІЗДІК** зат. *Пішінсіздік, реңсіздік, келбетсіздік.*

**КЕСКІНІЗДЕУІШ** зат. *Суретке түсіру объективінің фотоұлдірге (кадр шегінде) түсіретін объектілердің кеңістігінің шекарасын анықтауға арналған құрылғы.*

**КЕСКІР**[1] зат. жерг. *Темір кескіш.*

**КЕСКІР**[2] сын. *Кесіп түсетін, лыпып тұрған, өткір.*

**Кескір егеу.** *Өткір егеу.*

**КЕСКІРЛІК** зат. *Нарлық, жаны сірілік.*

**КЕСКІШ**[1] зат. *Бір жақ басы жүзді, темір кесетін құрал.*

**КЕСКІШ**[2] зат. астр. <лат. caelum> *Жұлдызды аспанның оңтүстік жарты шарындағы шағын шоқжұлдыз.*

**КЕСПЕ**[1] зат. тамақ. **1.** *Сұйық немесе қою тағамдар дайындау үшін ашымаған қамырды жаймалап, жіңішкелеп, таспалап кесетін дайындамалар.* **2.** ***Кеспе көже.*** **3.** *Тілкемделген кесінді.*

**Кеспе әліппе.** пед. *Бөлек-бөлек қиылған әріп таңбалары тұтас беттегі қалталарға салынатын бастауыш сыныпқа өтілетін сабақ барысында пайдаланылатын суретті әліппе.* **Кеспе берен.** поэт. *Өткір, алмастай деген мағынада.* **Кеспеге қарасы жоқ.** *Өте семіз, аппақ май.* **Кеспе көже.** тамақ. *Жұқа жайылған қамырдан жіңішкелеп туралған кеспе салынатын сұйық тамақ.* **Кеспе құйрық.** сөйл. ***Кеспек құйрықты.***

**КЕСПЕ**[2] зат. жерг. *Бетке салбырап түскен шаш, кекілшаш.*

**КЕСПЕДЕЙ** сын. *Кеспе сияқты, кеспе тәрізді.*

**КЕСПЕК** зат. *Сұйық зат құйып сақтайтын ағаш ыдыс; екі табаны құрсауланған шығыңқы бүйірі бар, сұйық өнімдер құйылатын, үлкен цилиндр тәрізді, көбіне ағаштан жасалатын сыйымдылық.*

**Кеспек құйрықты**. *Ірі, үлкен төңкерілген құйрықты.* **Кеспек құрсауы.** *Металдан жасалатын, кеспек бүйірлерін ұстап тұратын жіңішке таспа.* **Кеспекті шайырлау.** *Кеспек жарықтары мен саңылауларын қылқанжапырақтылардың шайырларымен бітеу.* **Кеспек шеберханасы.** *Кеспекшілер кеспек жасайтын, оның жарықтары мен саңылауларын шайырлайтын орын.*

**КЕСПЕКТЕ=** ет. *Шапқылау, кесу, қию.*

**КЕСПЕКТЕЙ** сын. *Жұп-жұан, доңкиген.*

**КЕСПЕЛЕ=** ет. **1.** *Тілім-тілім етіп кесу.* **2.** *Тамаққа қолдан кеспе кесіп салу.*

**КЕСПЕЛТЕК** сын. **1.** *Жуантық келген қысқа, келте.* // *Келте кесілген, қиынды.* **2.** ауыс. *Тапал бойлы, тортпақ.*

**КЕСПЕЛТЕКТЕ=** ет. *Қысқа-қысқа етіп кесіп-шабу.*

**КЕСПЕЛТЕКТЕЙ** сын. **1.** *Жуан, быртық.* **2.** *Кеспелтек сияқты; тортпақ.* **3.** *Үлкен, қолақпандай.*

**КЕСПЕЛТЕКТЕУ**[1] сын. *Тапалдау, тортпақ денелі.*

**КЕСПЕЛТЕКТЕУ**[2] *Кеспелтекте етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСПІР** з а т . ж е р г . ***Кескін.***
**КЕСПІРСІЗ** с ы н . ж е р г . ***Кескінсіз.***
**КЕССОН**[1] з а т . с ә у л е т . *Европалық суретөнері дәстүрінде төбе немесе күмбез жарықтығына жасалған ойықтар.*
**КЕССОН**[2] [франц. caisson]: **Кессон ауруы.** м е д . *Су астындағы жоғары атмосфералық қысымнан, су бетіндегі қалыпты атмосфералық қысымға жедел көтерілген кезде адам ағзасында байқалатын патологиялық жағдай.*
**КЕСТАПАНДАЙ** с ы н . ж е р г . *Үлкен, қолақпандай.*
**КЕСТЕ**[1] з а т . **1.** *Мата бетіне тігетін, тоқитын түрлі түсті жіп.* **2.** қ о л ө н е р . *Мата, тері, киіз т.б. материалдар бетіне әртүрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалған сәндік қолөнер түрі.* // а у ы с . *Шебер шығарылған, қорытылған.*
**Кесте алды.** *Тігінмен шұғылданды, кәсіп етті.* **Кесте басты.** *Матаға ою-өрнектер тікті, кесте салды.* **Кестесі келісті.** *Істің реті, қиюы келді.*
**КЕСТЕ**[2] з а т . <лат. tabula> **1.** *Бір нәрсе жөнінде графаға түсіріп жазылған мәлімет, жүйеленген ақпарат.* **2.** э к о н . *Фирманың әрбір штаттық қызметкерінің жұмыс уақыты есебінің ішкі құжаты.* **3.** и н ф . *Мәліметтерді жолдар мен бағаналар қиылысында орналастыру арқылы ұсыну тәсілі.*
**Кесте бойынша су беру.** с у ш а р . *Егістікке суды алдын ала жоспарланған мерзім бойынша өзгеріс енгізбей беру.*
**КЕСТЕДЕЙ** с ы н . *Кесте тәрізді, әсем, сәнді.*
**КЕСТЕЖУСАН** з а т . ө с . <лат. pyrethrum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**КЕСТЕК** з а т . *Құрал ретінде қолға ұстайтын таяқ.*
**КЕСТЕЛЕ=** е т . **1.** *Мата бетіне түрлі-түсті жіппен әшекейлі өрнек тоқу, кесте салу.* **2.** а у ы с . *Нақыстау, өрнектеу, суреттеу, бейнелеу.*
**Кестелеп тігу.** к ә с . *Киімнің және матадан, киізден жасалған үй бұйымдарының бетіне түрлі-түсті жіппен қолмен тігіп отырып ою-өрнек жүргізу, көркемдеп тігу.*
**КЕСТЕЛЕГЕН** с ы н . *Кесте тігілген.*
**КЕСТЕЛЕН=** е т . **1.** *Кесте салыну.* **2.** а у ы с . *Әдемі болып көріну.*
**КЕСТЕЛЕНУ** *Кестелен етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСТЕЛЕУ** *Кестеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өрнек тоқып, кесте салу.* **2.** а у ы с . *Суреттеу, бейнелеу.*
**КЕСТЕЛІ** с ы н . *Әшекейлі өрнек салынған, кестесі бар.*
**Кестелі қозықұйрық.** ө с . <лат. agaricus tabularis> *Базидиомицеттер класы агарикалар қатары қозықұйрық тәрізділер тұқымдасы, қозықұйрық туысына жататын саңырауқұлақ.* **Кестелі орамал.** а) *Кестесі бар, кесте салынған.* ә) э т н . *Сүйген жігітіне арнайы, өз қолымен кестелеп атын жазған бойжеткен қыздың орамалы.* **Кестелі өңір.** п о э т . *Көркем, табиғаты сұлу жер.* **Кестелі тіл [сөз].** а) *Тілі әсем, шешен.* ә) *Көркем сөз.*
**КЕСТЕЛІК** з а т . *Кестеге тән.*
**Кестелік есеп.** э к о н . *Кәсіпорынның әрбір қызметкерінің нақты жұмыста болу уақытының есебі.* **Кестелік маршруттау.** и н ф . <ағыл. directo ry routing> *Есептеу желісінің әрбір торабында әрбір адресат үшін оңтайлы кірістік арнаны көрсететін кестені пайдалануға негізделген дестелерді немесе хабарларды жеткізу бағдарын таңдау тәсілі.*
**КЕСТЕСІЗ** с ы н . **1.** *Кестеленбеген, кесте салынбаған.* **2.** а у ы с . *Тілі қарабайыр, ұйқассыз.*
**КЕСТЕР** з а т . ж е р г . *Гүл өсіретін күбішек, қыш тостақ.*
**КЕСТЕШЕ** ү с т . *Кестеге ұқсас.*
**КЕСТЕШІ** з а т . **1.** *Кестені шебер тоқитын, іскер адам.* **2.** а у ы с . *Шешен.* **3.** а у ы с . *Жасаушы, қалаушы.*
**КЕСТЕШІДЕЙ** с ы н . *Кестешіге ұқсап, кестеші сияқты.*
**КЕСТЕШІЛ** с ы н . *Кестелегіш.*
**КЕСТЕШІЛІК** з а т . *Кесте салатын өнері болушылық.*
**КЕСТІР=** е т . **1.** *Қиып, кесіп алып тастау, шолақ қылу.* **2.** э т н . *Ұл балаларды сүндетке отырғызу.*
**КЕСТІРТ=** е т . **1.** *Қиғызу, кескізу.* **2.** *Соңғы сөз айттыру, үкім шығарту.*
**КЕСТІРТУ** *Кестірт етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСТІРУ** *Кестір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кесіп алып тастау, шолақ қылу.* **2.** *Пiштiру.*
**КЕСТІРІЛ=** е т . *Пiштiрiлу.*
**КЕСТІРІЛГЕН** з а т . с ө й л . ***Пiштiрiлген.***
**КЕСТІРІЛУ** *Кестiрiл етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСУ** *Кес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шорт қию, кесіп алу.* **2.** *Қырқу, қию.* **3.** а у ы с . *Жолын байлау, кедергі болу.* **4.** а у ы с . *Бірден шешім қабылдау, оны айтып тастау.*
**Кесу позициясы.** ә с к . *Шабуылға шыққан қарсыласты қаптал жаққа жібермеу үшін жолын кесу мақсатында жабдықталатын позициясы.*
**КЕСУЛІ** с ы н . **1.** *Кесілген қалпы.* **2.** *Шұнақ.* **3.** а у ы с . *Түйінді, шешілген, ұйғарылған.*
**КЕСУСІЗ** с ы н . *Тәрбие көрмеген, бетімен кеткен.*
**КЕСУШІ** з а т . *Кесетін адам.*
**КЕСУШІЛІК** з а т . *Кесе берушілік.*
**КЕСІК**[1] з а т . **1.** *Жаза тартқызу үшін шығарылған шешім, үкім.* **2.** *Шешім.*
**Кесік басы.** *Тоқетері.*
**КЕСІК**[2] с ы н . **1.** *Шұнақ, кесілген, тілік.* **2.** *Ен салынған, біреудің меншігі екенін білдіру үшін құлағына өзі білетін қиық салынған.*
**Кесік құл.** *Жалшы, құл, күң.* **Кесік құлақ.** к ө н е . *Құл, күң; жалшы.* **Кесік тіл.** *Мылқау, мақаулық.*
**КЕСІКТІ** с ы н . **1.** *Тұжырымды, анық тоқтаған, қорытынды.* **2.** *Белгіленген, келісілген.* **3.** *Нақты мөлшермен өлшенген, тиянақталған, тұрақты.*
**Кесікті ақы [жалақы].** *Белгіленген, алдын ала келісілген сома, жалақы.*
**КЕСІКШІ** з а т . ж е р г . *Мал пішетін адам.*
**КЕСІЛ=** е т . **1.** *Шабылу, шорт қиылу.* **2.** а у ы с . *Ұйғарылу, пішілу.* **3.** а у ы с . *Өлу, мойны қиылу, дарға асылу.* **4.** а у ы с . *Белгілі бір мерзімге сотталу.* **5.** а у ы с . *Қазылу, қопарылу.* **6.** а у ы с . *Бөліну, анықталу.*
**КЕСІЛМЕЛІ** с ы н . *Анық, нақпа-нақ.*
**КЕСІЛУ** *Кесіл етістігінің қимыл атауы; шабылу, шорт қиылу.*
**КЕСІЛІП-ПІШІЛ=** е т . *Мөлшерлену, жобалану, ұйғарылу.*
**КЕСІЛІП-ПІШІЛУ** *Кесіліп-пішіл етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСІМ**[1] з а т . **1.** *Айыптау шешімі; шығарылған үкім, кесік, жаза.* **2.** а у ы с . *Үзілді-кесілді пікір, тұжырымды ой қорытындысы.*
**Кесім қылды [кестіртті].** *Үкім етті, үкім шығарды.*
**КЕСІМ**[2] з а т . *Заттың бөлігі, тілім.*
**КЕСІМДІ** с ы н . **1.** *Кесілген, белгіленген (жаза).* **2.** *Нақты мөлшермен шектелген, кесікті.* **3.** *Белгілі, анық.*
**Кесімді бағалық.** э к о н . *Өнімнің немесе жұмыстың бір өлшемі үшін тариф (тарифтік мөлшерлеме) бойынша төленетін жалақының мөлшерін белгілейтін; еңбекақы төлеудің кесімді жүйесінің элементі.* **Кесімді еңбекақы.** э к о н . *Еңбекке ақы төлеу нысаны; қызметкердің табысы белгіленген кесімді бағалықты басшылыққа ала отырып, өндірілген өнімнің (орындалған жұмыстың) әрбір өлшемі (текшеметр, дана, кг., м., т.б.) үшін айқындалатын ақы.* **Кесімді күн – кесілген ет.** *Өлшеулі күн, қысқа өмір, кесілген еттей өте аз деген мағынада.* **Кесімді сөз [пікір].** *Тұжырымды, шешімді сөз.* **Кесімді түрде.** *Түсін суытып, қатаң түрде.*
**КЕСІМДІЛІК** з а т . *Үзілді-кесілділік.*
**КЕСІМПАЗ** с ы н . с т и л ь . *Жегіш, тамақсау.*
**КЕСІМ-ПІШІМ** з а т . *Кесікті сөз, түйін.*
**КЕСІМСІЗ** с ы н . *Үкімсіз, заңсыз.*
**КЕСІНДІ** з а т . **1.** *Тұтас заттан кесілген кішкене бөлік.* **2.** *Тілім.* **3.** *Қиынды, кесіп-пішкеннен түсетін қалдық, кішкене бөлік, жыртыс.* **4.** м а т . *Белгілі ұзындығы бар түзу сызық қиындысы, екі нүкте арасын қосатын сызық.*
**КЕСІНДІЛЕ=** е т . *Бүтінді кішігірімдеп кесу, бөлшектеу.*
**КЕСІНДІЛЕУ** *Кесінділе етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСІП** з а т . с ө й л . ***Кәсіп.***
**Кесіп қылды.** *Кәсіп етті.*
**КЕСІП-ЖАР=** е т . *Ағашты кесу, жару жұмыстарының жалпы атауы.*
**КЕСІП-ЖАРУ** *Кесіп-жар етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСІПСІЗ** с ы н . *Кәсіпсіз, кәсібі жоқ.*
**КЕСІП-ПІШ=** е т . **1.** *Матаны, т. б. өлшеп, қиып, тігуге әзірлеу.* **2.** а у ы с . *Алдын ала ұйғарып қою, шамалау, мөлшерлеу.*
**КЕСІП-ПІШУ** *Кесіп-піш етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСІР** з а т . **1.** *Зиян, залал, зардап.* **2.** *Кесірлі адам.* // *Кесапатты, қырсық, қыңыр.* **3.** *Кедергі бөгет.*
**Кесір болды [қылды].** а) *Бөгет, кедергі, тосқауыл болды.* ә) *Қырсығы тиді, жамандық істеді.* **Кесірге бола.** *Сорға, қырсыққа қарай.* **Кесірге ұшырады.** *Кәріне тап болды.* **Кесірін тигізді.** *Бөгет, кедергі болды.* **Кесірі тиді.** *Қырсық, зияны болды.* **Кесірі ұрды.** *Қаһарына ұшырады.*
**КЕСІР-КЕДЕРГІ** з а т . *Бөгет, қырсық.*
**КЕСІР-КЕЖІР** с ы н . *Қырсық.*
**КЕСІР-КЕРДЕҢ** с ы н . *Қырсық, қиянқы, кертартпа.*
**КЕСІР-КЕСЕПАТ** з а т . *Зиян, кедергі, қырсық.*
**КЕСІРЛЕ=** е т . *Зиян келтіру.*
**КЕСІРЛЕН=** е т . **1.** *Менменсу, тәкаппарлану.* **2.** *Қиқарлану, қырсығу.*
**КЕСІРЛЕНУ** *Кесірлен етістігінің қимыл атауы.*
**КЕСІРЛЕС** с ы н . *Кесірі көп, залалды.*
**КЕСІРЛІ** с ы н . **1.** *Дертті, зиянды, залалды, зардапты.* **2.** *Кесапатты, қырсықты, қиқар.* **3.** *Менменсіп бұлданғыш, тәкаппар, паң.*
**КЕСІРЛІЛЕУ** с ы н . *Кесепаттылау, паңдау, тәкаппарлау.*
**КЕСІРЛІК** з а т . **1.** *Зияндық, залалдық.* **2.** *Кесапаттық, қырсықтық, қиқарлық.*
**КЕСІР-ПЕСІР** з а т . *Кедергі, кесір, залал, зиян дегенді ештеме көрмеушілік.*
**КЕСІРТКЕ**[1] з а т . з о о л . <лат. sauria> *Терісі ұсақ қабыршақты, құйрығы ұзынша біткен, бауырымен жорғалайтын кішкентай жәндік.*
**Кесіртке жамбасты динозаврлар.** з о о л . <лат. saurischia> *Динозавр тобының отряды на жататын қарапайым бауырымен жорғалау шылар.*
**КЕСІРТКЕ**[2] з а т . а с т р . <лат. lacerta> *Жұлдыздық аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*
**КЕСІРТКЕДЕЙ** с ы н . *Кесіртке сияқты, кесіртке тәрізді.*
**КЕСІРТКЕЛІК** с ы н . *Кесірткедей.*
**КЕСІРТТЕР** з а т . з о о л . <лат. eremias > *Нағыз кесірткелер* [Lacertiade] *тұқымдасының туысы.*
**КЕСІРІНЕН** ү с т . *Біреудің тигізген зиянынан.*
**КЕСІС=** е т . **1.** *Қиысу.* **2.** а у ы с . *Келісу, ұйғарысу.* **3.** а у ы с . *Біржола қатыспай, араласпай кету.*
**КЕСІСУ** *Кесіс етістігінің қимыл атауы.*
**КЕТ=** е т . **1.** *Бір арадан қашықтау, алыстау, ұзау.* **2.** *Біту, таусылу.* **3.** *Болуға, тұруға тиіс жерінен басқа жерге орын ауыстыру; көшу.* **4.** а у ы с . *Қайтыс болу, о дүниелік болу.* **5.** а у ы с . *Асу, толу (адам жасы, уақыт туралы).* **6.** *Айналу, ұқсау.* **7.** *Уақыттың белгілі сағаттан асуы, өтуі.*

8. *Негізгі етістіктің көсемше түрімен тіркесіп келіп, қимыл-әрекеттің кенет, бірден болғанын білдіреді.* 9. *Жүйтку, зымырау, қамшы салдырмау.* 10. *Жоғалу, құру.* 11. *Жолға шығу, аттану.* 12. *Меншігіне, иелігіне өту, өтіп кету.* 13. ауыс. *Ұзау, жету, таусылмау.*

**Кет әрмен.** сөйл. *Жоғал әрі.* **Кет әрі болмады.** *Сыртқа теппеді, қарсылық жасамады.* **Кет әрі емес.** *Қарсы емес, жек көрмейді.* **Кет, жоғал.** сөйл. *Құры, көзіме көрінбе деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Кете барды.** *Жүре берді, ештемені елең қылмады, ойламады.* **Кете берді.** *Жүріп кетті, алыстады.* **Кетер аяғым, кетпен таяғым.** *Не қылса да өзіме, әуре болсам өзімнен деген ретте келеді.* **Кеткен адам.** *Қол үзген, болдырған, әбден тойған, іргесін аулақ салған адам.* **Кеткені келіп, кемтігі толды.** *Бұрынғы төрт құбыласы түгел, мамыражай, молшылық дәуір қайта келді.* **Кетпес байлық.** *Қазына, кен, өмірбақилық дәулет.* **Кетпес дақ түскендей.** *Көңілі, сезімі, ойы т.б. ешқашан бұрынғы тазалығына оралмастай.* **Кетсін әрі.** сөйл. *Аулақ жүрсін деген мағынада.* **Кетті де барды.** *Артына қарайламады, жүріп кетті.*

**КЕТА** зат. зоол. *Қиыр Шығыс суларында өсіп-өнетін, лосось балықтары тұқымдасына жататын еті қызғылт ірі балық.*

**КЕТЕГЕН** сын. көне. *Үйреншікті жеріне қашып кете беретін, қашаған.*

**КЕТЕЙ=** ет. сөйл. ***Кети.***

**КЕТЕК** зат. жерг. 1. *Құс жататын орын, тауық қора.* 2. ауыс. *Үй, үйсымақ, нашар баспана.*

**Кетекке кірді.** сөйл. *Шығынға ұшырады; мазақ болды; елге қарайтын беті болмады.*

**КЕТЕ-КЕТКЕНШЕ** үст. сөйл. *Кетіп қалғанға дейін, үйден шыққанша, аттанғанша.*

**КЕТЕКТЕЙ** сын. *Кетек сияқты, кіп-кішкентай, айнала алмайтындай тар.*

**КЕТЕРЕК=** ет. көне. *Кетпекші.*

**КЕТЕР-КЕТПЕС** үст. 1. *Зат, не құбылыстың жоғалып, бітуінің алдындағы шақ.* 2. *Соңғы, аяғы.*

**КЕТЕУ**[1] зат. көне. ***Шырық.***

**Кетеуі кетті.** а) *Әуелгі қалыптан айырылды.* ә) *Нашарлады, әлсіреді.* б) *Шырқы бұзылды.*

**КЕТЕУ**[2] сын. *Әлсіз, әлжуаз, осал.*

**КЕТЕУЛЕ=** ет. *Осал тарту, нашарлау.*

**КЕТЕУЛЕУ** *Кетеуле етістігінің қимыл атауы.*

**КЕТЕУСІЗ** сын. 1. *Бүтін, кетілмеген.* 2. ауыс. *Кетеуі жоқ, мағынасы жоқ.*

**КЕТИ=** ет. 1. *Нәрсенің жиек, қырының бір жері кертіліп түсу, бұзылу.* 2. *Тісі түсу, кетік болып қалу.*

**КЕТИТ=** ет. 1. *Кетік ету.* 2. *Құлату.*

**КЕТИІҢКІРЕ=** ет. *Кертіліңкіреу, бұзылыңқырау.*

**КЕТКЕН-ҚҰТҚАН** үст. сөйл. *Кертілген, мүжілген, сынған.*

**КЕТ-КЕТ: кет-кеттің астына алды.** *Қуды, кетуін қалады.*

**КЕТКІЗ=** ет. *Кетіру.*

**КЕТКІЗУ** *Кеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕТКІШ**[1] үст. ескікіт. *Кете, кеткеннен кейін, соң.*

**КЕТКІШ**[2] сын. *Кете беретін.*

**КЕТКІШТЕ=** ет. *Кете беру, бара беру.*

**КЕТҚҰДА** [ир.] зат. көне. *Феодализм дәуірінен бұрынғы Иран мен Орта Азиядағы үлкен отбасының басшысы, кейінірек көрші қауымның басшысы; 15–18 ғ-ға дейін ауыл ақсақалы және қала аймағының ақсақалы.*

**КЕТОЗАЛАР** зат. биол. *Құрамында кетон тобы бар моносахаридтер.*

**КЕТПЕКТЕЙ** сын. 1. *Үлкен, быттиған.* 2. *Қолақпандай.* 3. стиль. *Ірі, дәу.* // экспр. *Қарауға ыңғайсыз, сеп-семіз болып.*

**КЕТПЕЛТЕК** сын. *Қысқалау, кеспелтек, шолақ кесілген.*

**КЕТПЕН** зат. *Арық, канал қазуға, өңдеуге, жер қазуға, егістік жұмыстарына арналған құрал.*

**Кетпен шабу.** *Бау-бақшамен айналысу.* **Кетпен шапты.** *Егін салды.*

**КЕТПЕНДЕ=** ет. 1. *Кетпенмен шабу; жерді босату, жұмсарту.* 2. ауыс. *Еңбектену, қиналу.*

**Кетпендеп кірген мысқылдап шығады.** *Жамандық, жаман әдет, қайғы тез арада жойылмайды, қайтпайды деген мағынада.*

**КЕТПЕНДЕЙ** сын. 1. *Кетпен сияқты, кетпен тәрізді.* 2. *Үлкен, ірі.* 3. ауыс. *Ауыр, жаман.*

**Кетпендей тиді.** *Дәл тиді, ауыр тиді.*

**КЕТПЕНДЕУ** *Кетпенде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕТПЕН-КЕТПЕН** сын. *Үлкен-үлкен, ірі-ірі.*

**КЕТПЕН-КҮРЕК** зат. 1. *Кетпен мен күрек тәрізді жер өңдейтін құрал-саймандар.* 2. ауыс. *Қара жұмыс.*

**КЕТПЕНҰШЫҚ** зат. этн. *Ертедегі бақсылықта алдымен шоққа қыздырып алған кетпенге, содан кейін науқастың бетіне ыстық су бүркіп емдеу тәсілі.*

**КЕТПЕНШЕ** зат. *Кішкене кетпен.*

**КЕТПЕНШОТ** зат. *Арамшөпті отауға, қызылша, картоп сияқты т.б. көкөністердің түбін қопсытуға арналған кетпеннің кішкентай түрі.*

**КЕТПЕНШІ** зат. *Кетпенмен жұмыс істеуші, кетпен шабушы.*

**КЕТСІН: кетсін бір.** этн. *Екі ойыншы қатысатын, сақа (асық) атып ойнайтын ойын [сақаларын біріктіріп кезек алу үшін иіргенде кімнің сақасы алшы не тәйкі түссе, сол бірінші кезекті алады; кезек алған ойыншы қарсыласының сақасын атып, алысқа ұшыруға тырысады; сақа неғұрлым қашықтау жерге түссе ұша, соғұрлым ұтқан асықтың саны көбірек болады: ойынның "кетсін бір" аталуы сондықтан].*

**КЕТТЕ** сын. көне. ***Үлкен.***

**КЕТУ** *Кет етістігінің қимыл атауы.* 1. *Жыраққа бару, алыстау.* 2. *Негізгі етістіктегі істің бірден, тез болғанын білдіреді.*

**Кетуге беттеді.** *Кетейін деді, ыңғайланды, ұйғарды.* **Кету парағы.** экон. *Мекеменің, кәсіпорынның әртүрлі бөлімдері материалдық қарызы жоқ екенін көрсетіп белгі қойған, жұмыстан кеткенде, кезекті демалысқа шыққанда рәсімделетін құжат.*

**КЕТУЛЕН=** ет. *Тозыңқырау, ыдыраңқырау.*

**КЕТУШІ** сын. *Бір жерден екінші жерге, басқа жаққа барушы, ауысушы.*

**КЕТУШІЛІК** зат. *Басқа жаққа барушылық.*

**КЕТЧУП** [қыт. "кэ-циап" - ферменттелген балық тұздығы] зат. тамақ. *Құрамында томат езбесі, сіркесу мен татымдықтары бар дәмдеме.*

**КЕТІК**[1] зат. 1. *Кесе, табақ, аққұман сияқты заттардың бір шетінің кертілген сынығы.* 2. *Тесік, ашық жер.* 3. *Түскен тістің орны.*

**Кетік аяқ сындыру [лақтыру].** этн. *Ұлыстың ұлы күні – Наурыз келгенде ескірген киімдерді өртеп, кетік аяқтарды сындырып, жаңаруға ырым ету [ертеректе табақ, кесе, шайнек сияқты ыдыстарды ернеуінің шүмегінің бір шеті сынып кертілген жағдайда оларды мыспен, жезбен құрсаулап пайдаланған; кетік ыдыстарды пайдаланғанмен, онымен қонақ кісіге шай, тамақ ұсынбаған].* **Кетік біткен.** *Кетілген жердің бәрі, түгелі.*

**КЕТІК**[2] зат. 1. *Кемшілік, олқылық, жетімсіздік.* 2. ауыс. *Кедей, кем адам.*

**КЕТІК-КЕТІК** сын. *Кетілген-кетілген, сынық-сынық.*

**КЕТІК-КЕМІС** зат. *Әртүрлі олқылық, кемістік, жетімсіздік.*

**КЕТІКТЕН=** ет. *Шетінен опырылу, жемірілу.*

**КЕТІКТЕНУ** *Кетіктен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕТІКТЕУ** сын. 1. *Біраз кетіктелген, шеті аздап опырылып сынған, кемсіндеу.* 2. *Тісі түскен, кетік.*

**КЕТІКТІК**[1] зат. *Тісі жоқтық, түсіп қалушылық.*

**КЕТІКТІК**[2] зат. *Олқылық, кемшілік, жетімсіздік.*

**КЕТІЛ=** ет. 1. *Омырылу, жемірілу.* 2. *Жүзі бар, өткір құралдар жүзінің кетуі, өтпей қалуы.* 3. ауыс. *Азаю.* 4. *Кету.* 5. ауыс. *Кемдену, кедейлену.*

**КЕТІНЕ=** ет. *Кему, азаю.*

**КЕТІҢКІРЕ=** ет. *Аздап кету, түсі оңу.*

**КЕТІР=** ет. *Тұрған жерінен алшақтату, басқа жаққа жіберу.*

**КЕТІРГІШ: кері кетіргіш.** *Кертартпа, қыңыр.*

**КЕТІРУ** *Кетір етістігінің қимыл атауы.* 1. *Болдырмау, құрту.* 2. *Аластау, жолатпау, қуу.* 3. *Өшіру, дақ, белгі, таңбаны жоқ қылу.*

**КЕТІРУЛІ** сын. *Кетілген, ашыған.*

**КЕТІРІЛ=** ет. *Күшпен орнынан алу, босату.*

**КЕТІС** зат. *Басқа бір жаққа беталыс, жөнеліс.*

**КЕТІС=** ет. *Айырылысу, араздасу.*

**КЕТІСІМЕН** үст. *Кеткен бойда.*

**КЕТІСУ** *Кетіс етістігінің қимыл атауы; айырылысу, келісе алмау, ұрсысу.*

**КЕУ** сын. *Тойымсыз, обыр, жебір.*

**КЕУГІМ** зат. *Қаракөлеңке, қараңғы түсе бастаған кез, ымырт.*

**Кеугім тартты.** *Қара көлеңке түсті, күн кешкіре бастады, қараңғы түсе бастады.*

**КЕУГІМДЕН=** ет. *Кешкіру, қараңғылану.*

**КЕУГІМДЕНДІР=** ет. *Алакөлеңкелендіру.*

**КЕУГІМДЕНТ=** ет. *Қараңғылату, қара көлеңке түсірту, күңгірттендірту.*

**КЕУГІН** зат. сөйл. ***Кеугім*** *(қара көлеңке, қараңғы түскен кез).*

**КЕУДЕ** зат. <лат. thorax> 1. *Дененің қарыннан мойынға дейінгі бөлігінің алдыңғы жағы, көкірек.* 2. *Төс.* // *Көкірек, менмен, тәкаппар.* 3. *Әйел адамның омырауы.* 4. *Дене, бой.* 5. ауыс. *Көңіл, көкей, ой, сана.* // *Алдыңғы қатарлы.* 6. ауыс. *Жазықтық, бой.* 7. ауыс. *Іш, жан-дүние, өзі.*

**Кеудесі асты.** поэт. *Озды, алға шықты.* **Кеуде аша.** *Шын ықылас, бар ынтамен.* **Кеуде бастырмады.** *Ешкімге ырық бермеді, менмен, өжет, тәкаппар болды.* **Кеудеге бұлтын жиды.** поэт. *Томсырайды, тымырайды, түнерді.* **Кеудеге итеру.** *Кедергі, тосқауыл болу, қолдау көрсетпеу.* **Кеудеге күй толды.** поэт. *Шаттанды, қатты қуаныш үстінде болды.* **Кеудеге қайғы толды.** поэт. *Қайғыланды.* **Кеудеге қара өрт кірді.** поэт. *Бақытсыздық, қайғы келді.* **Кеудеге қонды.** поэт. *Тұрақтады, тоқ тады.* **Кеудеге салды.** *Күш көрсетті, өркөкіректік жасады.* **Кеудеге тықты.** поэт. *Жасырды.* **Кеудеде арман бұлқынды.** поэт. *Көптен жүрген үміт қайта оянды, күш-қуат оянды.* **Кеудеде жаны барында.** *Тірі тұрғанда, күші барда.* **Кеудеде жалын тұтанды.** поэт. *Үміті қайта жалғанды, қайта тірілді.* **Кеудеде қалды.** *Есте қалды, естен шықпады.* **Кеудеден бой көтерді.** поэт. *Оянды, көрін ді.* **Кеудеден жалын өшпеді [өшер емес].** *Күш-қуат, жалын қайтпады.* **Кеудеден жан шықты.** *Дүниеден өтті, көз жұмды, өлді.* **Кеудеден кен ақтарды.** поэт. *Ішкі сырын, құпиясын ашты.* **Кеудеден қақты.** поэт. *Итерді, кедергі болды.* **Кеудеден төгілді.** поэт. *Шықты, жария болды.* **Кеудеде сақтау.** *Ұмытпау, есінен шығармау.* **Кеудеде шырақ жанды.** поэт. *Үміт оты оянды.* **Кеуде жылытты.** поэт. *Жақсылық, шарапат әкелді.* **Кеуде керді.** *Өзін-өзі жоғары санады, тәкаппарланды.* **Кеуде кере айтты.** *Рақаттанып ішкі сырын айтты, бәрін айтты, ақтарды.* **Кеуде кеуледі.** поэт. *Толып кетті, сыймады.* **Кеуде көрсетті.** *Қыр көрсетті, дандайсыды, менменсіді, тәкаппарланды.* **Кеуде көрсету.** *Қыр көрсету, менменсу.* **Кеуде көтерді.** а) *Дандайсыды, паңданды, өзін жоғары ұстады, менменсіді.*

ә) *Қайта жаңғырды, жаңарып бой түзеді.* **Кеуде көтеру.** *Дандайсу, өзін жоғары ұстау.* **Кеуде қақты.** а) *Дандайсыды.* ә) *Мақтанды, бөсті.* **Кеуде қатарлы.** *Алдыңғы қатарлы, алда.* **Кеуделеріне [көкірегіне] Құран ұрды [қойды].** *Ақтық сөзін айтып, ант берді, ант ішті.* **Кеуде маржаны.** п о э т . *Ең қымбат, асыл, ең жақын.* **Кеудемде аққу бар.** п о э т . *Бойымда сұлулық, махаббат, жастық бар.* **Кеудемде жанартау бар.** п о э т . *Көңілде ұшқын, жалын бар.* **Кеудемде үміт жанды.** п о э т . *Үміттенді, қайта оянды.* **Кеудемен соғу.** *Өркөкіректену, омырауға алу.* **Кеудені арман басты.** п о э т . *Арманы көбейді.* **Кеудені ашты.** а) *Бойын сергітті, көңілін көтерді, тынысты кеңейтті.* ә) *Өзін аямады.* б) *Жан дүниені, көңілді оятты, сергітті.* **Кеудені ашып жүрді.** п о э т . *Көпшіл болды, жатырқамады.* **Кеудені дүбірлетті.** п о э т . *Қуантты, шаттандырды.* **Кеудені керді.** п о э т . *Толды, сыймады.* **Кеудені кере дем алды.** а) *Рақаттанды, жайланды.* ә) *Демалды, тынды, жайбарақаттанды.* **Кеудені күмбірлетті.** п о э т . *Шаттандырды, бақытқа кенелтті.* **Кеудені қақ жарды.** *Қатты күйіндірді, өте ренжітті.* **Кеудені мұң тесті.** *Уайым-қайғы батты.* **Кеудені кеуледі.** *Толды, кернеді.* **Кеуденің жанды жері.** п о э т . *Жүрек, көңіл.* **Кеудені өрге сүйреді.** *Алға ұмтылды, жақсылыққа құштарландырды.* **Кеудені тілгіледі.** п о э т . *Маза бермеді.* **Кеудеңде жаның бар.** *Аман тұрғаныңда, күшің бар кезде деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Кеудеңде намыс болса.** *Өз-өзіңді сыйласаң, намысың болса, жігіт болсаң деген мағынада.* **Кеудеңді қара тас бассын.** қ а р ғ . *Өл, мүрдем кет.* **Кеуде салыстырды.** *Мықтылығын, зорлығын теңестірді.* **Кеуде соғар батыр.** *Мен мұнда деп, төс ұрып шығар өр кеуде батыр.* **Кеуде соқты.** *Өркөкіректікке салынды, омырауға алды.* **Кеудесі асқан.** *Ойы биік, зердесі озық, ала бөтен.* **Кеудесі ашуға толды.** *Қатты ашуланды.* **Кеудесі бөлек жаны бар.** п о э т . *Ерекше, құпия.* **Кеудесі бүтін.** *Қайғы-шері аз, мұңы жоқ.* **Кеудесі есіктей.** а) *Өркөкірек, кеудесіне нан піскен.* ә) *Кең кеуделі, омыраулы.* **Кеудесі жоғары.** *Менмен, паң, өзімшіл.* **Кеудесі кепті.** о к к а з . *Сағыныштан әбден сарғайды, зарықты.* **Кеудесі кепкен.** *Мақтаншақ, бөспе.* **Кеудесі кету** э т н . *Ауру малдың өкпесі кетіп, көкірек қуысындағы қабырға, бұғана, кәрі жілік тұсының ісуі.* **Кеудесі қарс айырылды.** *Қатты қайғырды.* **Кеудесі қуыс пенде.** *Қарапайым, жұрт қатарлы пенде.* **Кеудесімен жер соққандай.** *Адуынды, ожар, даңғой.* **Кеудесімен қорғады.** *Бар ұжданы, күшімен, жан-тәнімен аман сақтауға тырысты.* **Кеудесімен құм сызды.** *Қиын-қыстау жағдайды бастан кешірді, азап көрді.* **Кеудесін басты.** *Еңсесін көтертпеді, есесін алды, есесін қайтарды, көңілін басты.* **Кеудесін бастырмады.** *Есесін жібермеді, басындырмады.* **Кеудесін бермеді.** *Ырқына көнбеді, мойынсынбады, көңілін бастырмады.* **Кеудесінде инедей кірбіңі жоқ.** *Таза, ақкөңіл.* **Кеудесінде оты бар.** *Жігерлі, іскер, өнерлі.* **Кеудесінде оты жоқ.** *Жігерсіз, қажырсыз, намыссыз.* **Кеудесінде үміті бар.** *Дәмесі бар.* **Кеудесінде шыбын жаны бар.** *Тірі, аман, есен.* **Кеудесіне бұлт шөкті.** п о э т . *Жамандық, қайғы үйірілді.* **Кеудесіне жинады.** п о э т . *Бір бойынан табылды.* **Кеудесіне жел бітті.** *Өрмінездікке салынды, көкірек көтерді.* **Кеудесіне нан пісті.** *Масаттанды, дандайсыды, менменсіді, өркөкіректенді.* **Кеудесінен дем шықты.** *Кектенді, қаһарланды.* **Кеудесінен жаны ұшты.** а) *Зәресі зәр түбіне кетті, қатты қорықты.* ә) *Өлді, көз жұмды.* **Кеудесінен итерді.** а) *Көзге ілмеді, санаттан шығарып тастады, менсінбеді, менсінбегенін көрсетті.* ә) *Басынды, басқа тепті, қорлады.* **Кеудесінен қақты.** *Шеттетті, топқа қоспады.* **Кеудесін кек кернеді.** *Ыза болды, ашу-ызадан жарылып кетердей болды, кектенді.* **Кеудесінен шыбын жаны шыққанша.** *Демі таусылғанша, өлгенше.* **Кеудесіне сақтады.** *Ішінде сақтады, ұмытпады.* **Кеудесіне сыймады.** а) *Аптықты, алқынды.* ә) *Паңданды, ісіп-кепті, мақтанды.* б) *Сыр, құпия туралы.* **Кеудесіне түйді.** а) *Көңіліне тоқыды, жадына сақтады, ойында ұстады.* ә) *Кек сақтады.* **Кеудесіне шайтан кірді.** *Суық жүріске салынды; азды, ойына арамдық кірді.* **Кеудесін кере сімірді.** *Әбден қанды, қанғанша ішті.* **Кеудесін кір басты.** *Төмендеді, қарайды, артта қалды.* **Кеудесін қуаныш кернеді.** *Шаттыққа бөленді, көңілі тасыды.* **Кеудесін мұңға толтырды.** *Уайым-қайғы жегізді.* **Кеудесін мұң тесті.** *Мұңға батты, қайғы-зар шекті, қапа болды.* **Кеудесін өрге айдайды.** п о э т . *Менсінбеді, өзіне қарамай өркөкіректенеді.* **Кеудесін сөкті.** п о э т . *Аямады.* **Кеудесін сүйреген.** п о э т . *Тіршілігі бар, құ жан.* **Кеудесін сүйреді.** *Өзін-өзі қинады, зорланды.* **Кеудесін тосты.** а) *Қиындықтан қашпады.* ә) *Жанын қиды, басын тікті.* ә) *Құшақ жая қарсы алды.* **Кеудесі өртенді.** *Іші күйді, қатты уайымдады.* **Кеудесі тасыды.** *Көңілі көтерілді, шаттанды.* **Кеудесі шер болды.** *Қайғырды, қамықты, шерленді.* **Кеуде тырнады.** *Қатты қынжылтты, жанын жеді.* **Кеуде ұрды.** *Мақтанды, масаттанды, дандайсыды.* **Кеуде ұру.** *Мақтану, бөсу.*

**КЕУДЕАЛҚА** з а т . ж а ң а . ә с к . <нем. Achsel – иық, band – таспа> *Әдетте оң иықтағы погон астына түймеленген (тігілген) темір ұштығы бар өрілген жіп (алтын, күміс түсті немесе түрлі түсті).*

**КЕУДЕДЕЙ** с ы н . *Кеуде сияқты, кеуде тәрізді.*

**КЕУДЕҚАҒАР: кеудеқағар шыбық.** э т н . *Егіннің бітік шығуын анықтаудың дәстүрлі ырымы [егістіктің жанындағы құмырсқасының иленуіне ұзындығы әртүрлі үш шыбық қадайды; шыбықтың біреуі адамның кеудесінен келетін ұзын болады, ол кеудеқағар шыбық деп аталады; екіншісі – орташа кіндік тұстан келсе, үшіншісі – қысқалау, тізеден келеді; егер құмырсқа кеудеқағар шыбықтың басына көп шықса, онда бидай бітік шығып, өнім мол болады деп есептеген; ал ортаңғы шыбыққа шықса – өнім орташа, қысқа шыбыққа шықса егіннің шығуы аз болады деп топшылаған].*

**КЕУДЕЛЕ=** е т . **1.** *Кеудемен итеру, омыраулау.* **2.** а у ы с . *Бастырмалату, екінші жаққа сөз бермеу, күшейту.* **3.** *Екпіндеу, ентелеу.* **4.** *Дендеу, еңсеру.* **5.** *Кеудесіне шейін бату, ортасына шейін бату.*

**КЕУДЕЛЕН=** е т . **1.** *Кеудесін шығару, керу.* **2.** а у ы с . *Кеудесін көтеру.*

**КЕУДЕЛЕНУ** *Кеуделен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУДЕЛЕУ** с ы н . *Алдыңғы.*

**КЕУДЕЛІ** с ы н . **1.** *Сом денелі, иықты.* **2.** а у ы с . *Биік дәрежелі, үлкен, жоғары.* **3.** а у ы с . *Намысты.*

**КЕУДЕЛІК[1]** з а т . *Көкіректік, даңғойлық, менмендік.*

**КЕУДЕЛІК[2]** з а т . э т н . *Қар қасатталып қалың түскен кезде аттың аяғы мен төсін омбы қардың жарақаттануынан қорғау үшін жылқының төсіне, аяғына тағылатын, екі балақты етіп, иленген теріден тігілетін жабдық.*

**КЕУДЕЛІК[3]** з а т . *Кеуденің алдыңғы жағы, көкірек.*

**КЕУДЕЛІК[4]** з а т . *Кеудеге киетін, шолақ киім, көкірекше, кеудеше.*

**КЕУДЕЛІЛЕУ** с ы н . **1.** *Сом денелілеу, иықтылау, ауқымды.* **2.** а у ы с . *Өркөкіректеу, менмендеу.*

**КЕУДЕМСОҚ** с ы н . *Әпербақан, есерсоқ, ожар.*

**КЕУДЕМСОҚТАН=** е т . *Әпербақандану, есерсоқтану, ожар мінез көрсету.*

**КЕУДЕМСОҚТАНУ** *Кеудемсоқтан етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУДЕМСОҚТЫҚ** з а т . *Әпербақандық, есерсоқтық, ожарлық.*

**КЕУДЕМШЕЛІ** с ы н . *Кеудемше киген, үстінде кеудемшесі бар.*

**КЕУДЕШЕ[1]** з а т . **1.** *Кеудеге киюге арналып істелген сырма, жылы киім.* **2.** *Әйелдің кеудесіне киетін жұқа киімі.*

**КЕУДЕШЕ[2]** з а т . *Кішкене кеуде, кеудешік.*

**КЕУДІР[1]** е л і к . *Кеуіп қалған матаны, қағазды, т.б. қарағанда, ұстағанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**КЕУДІР[2]** с ы н . **1.** *Кеуіп қалған, қураған, қаудыр.* **2.** а у ы с . *Қуаты кеткен, әлсіз.*

**КЕУДІР-КЕУДІР** е л і к . *Кеуіп қалған матаны, қағазды т.б. қозғағанда, ұстағанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз, қаудыр-қаудыр.*

**КЕУДІРЕ=** е т . с ө й л . ***Қаудыра.***

**КЕУДІРЕК** с ы н . *Қаудыраған, кеудір-кеудір еткен.*

**КЕУДІРЕТ=** е т . *Қаудырату, кеудір-кеудір еткізу.*

**КЕУДІРЕТУ** *Кеудірет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУДІРЛЕ=** е т . с ө й л . *Қаудырлау, кеудір-кеудір ету.*

**КЕУДІРЛЕК** с ы н . *Қаймыжықтанып қатқан, қаудырлақ.*

**КЕУЕЗДЕН=** е т . *Кебу, құрғау.*

**КЕУЕЗДЕНУ** *Кеуезден етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУЕК[1]** з а т . к ө н е . *Қоянның жатағы, іні.*

**КЕУЕК[2]** з а т . **1.** *Ішінде ештеңе жоқ бос жер.* **2.** *Тесік.* **3.** *Үңгір.* **4.** *Қуыс, бос.* **5.** *Ін.*

**Кеуек бас.** *Мисыз, санасыз.* **Кеуек материалдар.** *Түйық немесе бір-бірімен өзара жанасатын қуыстары бар табиғи және жасанды құрылыс материалдары.*

**КЕУЕКТАС** з а т . **1.** г е о л . *Қышқыл және орташа лавалардың тез қатуы кезіндегі газдардың бөлінуі нәтижесінде пайда болған қуысты, кеуекті жанартаулық шыны.* **2.** *Осы тастан жасалған өкше, табан сияқты т.б. жерлердегі қатты өлі, мүйізденген теріні қыруға арналған гигиеналық құрал.*

**КЕУЕКТАС-ҚЫЛШАҚ** з а т . *Мүйізденген өлі теріні үйкелеп кетіруге арналған, қылауыш, қылсап.*

**КЕУЕКТЕ=** е т . **1.** *Үңгірлеу, қуыстау.* **2.** а у ы с . *Кеулеу.*

**КЕУЕКТЕЛ=** е т . *Босау, кеуекке айналу.*

**КЕУЕКТЕЛУ** *Кеуектел етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУЕКТЕН=** е т . **1.** *Босау, үңгілену.* **2.** *Ісіну.* **3.** а у ы с . *Құлазу, ешқандай қызығы қалмау.*

**КЕУЕКТЕНУ** *Кеуектен етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУЕКТЕУ[1]** с ы н . *Бос жері көптеу, қуыстау.*

**КЕУЕКТЕУ[2]** *Кеуекте етістігінің қимыл атауы.*

**КЕУЕКТІ** с ы н . *Қуысты, саңылаулы.*

**Кеуекті құрылым.** ф и з . *Қатты денелер кеуектерінің сипаттамаларының жиынтығы.* **Кеуекті ұлпа.** б и о л . <ағыл. textus spongiosa, лат. textus – ұлпа, spongiosa – кеуекті> *Ішінде қуысты ұяшықтары болатын ұлпа.*

**КЕУЕКТІК** з а т . *Кеуектілікке тән.*

**Кеуектік қысым.** ф и з . *Таужыныстарындағы гидродинамикалық қысымның өзгеруінен туындайтын қысым.* **Кеуектік су.** г е о л . *Таужыныстардың кеуектерінде болатын жерасты суы.*

**КЕУЕКТІЛІК** з а т . **1.** *Қуыстылық, саңылаулылық, борпылдақтық.* **2.** г е о л . *Таужыныстарындағы барлық сингенетикалық (бастапқы) және эпигенетикалық (туынды) қуыстардың жиынтық көлемі.*

**КЕУЕКШЕ** з а т . *Кішкене қуыс, саңылау.*

**КЕУЕЛ** з а т . ө с . <лат. capparis> **1.** *Кеуелдер тұқымдасына жататын көпжылдық бұташық немесе шөптесін өсімдіктер туысы, сортікен деп аталатын шөп.* **2.** *Көпжылдық тікенек бұталы өсімдіктің (осы аттас) ашылмаған гүл бүршігі.*

**Кеуел тұқымдасы.** ө с . <лат. capparaceae> *Қосжарнақты, кейде бұта не ағаш түрінде кездесетін, бір не көпжылдық өсімдіктер.*

**КЕУЕШЕК** сын. *Бос, құр.*
**КЕУЖІРЕ=** ет. *Босап, құрап қалу.*
**КЕУЖІРЕУ** *Кеужірeу етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУЖІРЛЕК** зат. *Құтірлек, сынғыш, уатылғыш, кеудірлек.*
**КЕУЗЕ=** ет. **1.** *Дәнді дақылды сыртқы қауызынан, қабығынан ажырату, тазарту, қауыздау.* **2.** ауыс. *Қысымға алу, қинау, азаптау.*
**КЕУКЕЛЕК**: **кеукелек қақты.** *Безек қақты, бәйек болды, қауқалақтады.*
**КЕУКЕЛЕКТЕ=** ет. *Абыржу, қауқалақ қағу.*
**КЕУКЕЛЕКТЕУ** *Кеукелекте етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУКЕН: кеукені кетті.** *Түрі (сұры, сәні) кетті.*
**КЕУКЕРІН** зат. көне. *Құман тәріздендіріп жасаған жанторсық, сусын құятын ыдыс.*
**КЕУ-КЕУ**[1] од. *Құсты шақырғанда айтылатын одағай сөз.*
**КЕУ-КЕУ**[2] сын. *У-шу, ырду-дырду, даурықпа.*
**КЕУ-КЕУЛЕ=** ет. *Уылдап-шуылдау, ентелеп даурығу, көтермелеу.*
**КЕУ-КЕУЛЕН=** ет. *Кеуектену.*
**КЕУ-КЕУЛЕНУ** *Кеу-кеулен етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУ-КЕУЛЕС=** ет. *Шуласу, әңгімелесу, даурығу.*
**КЕУ-КЕУЛЕСУ** *Кеу-кеулес етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУ-КЕУЛЕТ=** ет. *Бастырмалату, зуылдату.*
**КЕУ-КЕУЛЕТУ** *Кеу-кеулет етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУ-КЕУЛЕУ** *Кеу-кеуле етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУ-КЕУЛЕУШІ** зат. *Қолдаушы, көтермелеуші.*
**КЕУ-КЕУШІ** сын. *Қолдаушы, көтермелеуші, сүйемелдеуші.*
**КЕУКИ=** ет. *Қауқию.*
**КЕУКИЮ** *Кеуки етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУКІЛДЕ=** ет. *Еңкілдеу, кеңкілдеу.*
**КЕУКІЛДЕС=** ет. *Даурығысу, әңгімелесу.*
**КЕУКІЛДЕСУ** *Кеукілдес етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУКІМЕЛЕ=** ет. *Ортаға алу, қаумалау.*
**КЕУЛЕ**[1]**=** ет. **1.** *Қуыстау, үңгу.* **2.** *Қазу, іңгу.* **3.** *Ақырындау, еңбектеу.*
**КЕУЛЕ**[2]**=** ет. **1.** *Кернеп, толып кету, жайлау.* **2.** *Жайылу, тарау.*
**КЕУЛЕ**[3]**=** ет. **1.** *Есу, ұрлеу, соғу, кіру (жел, жалын).* **2.** *Желге толу.* **3.** ауыс. *Өрлеу, дүрілдеу.*
**КЕУЛЕЙ-КЕУЛЕЙ** үст. *Үңги-үңги, қаза-қаза.*
**КЕУЛЕКІЛЕН=** ет. *Шоғырлану, үйірілу.*
**КЕУЛЕКІЛЕНУ** *Кеулекілен етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУЛЕМЕ: кеулеме денелер.** биол. <лат. corpus cavernosum> *Құрамында коллаген және эластин талшықтары көп болатын дәнекерұлпалы құрылым.*
**КЕУЛЕН=** ет. *Үңгылану.*
**КЕУЛЕҢКІРЕ=** ет. *Кеулей түсу.*
**КЕУЛЕС=** ет. *Әңгімелесу, даурығысу.*
**КЕУЛЕСУ** *Кеулес етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУЛЕТ=** ет. **1.** *Үңгірлету, үңгыту.* **2.** *Желге толтыру.*
**КЕУЛЕТУ** *Кеулет етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУЛЕУ** *Кеуле етістігінің қимыл атауы; үңгу.*
**КЕУЛІК** зат. көне. *Таудың қуысы.*
**КЕУНЕЙ** зат. өс. *Құмды жерде өсетін қараоткқа жататын көпжылдық өсімдік.*
**КЕУРЕ=** ет. *Құрау, шіру.*
**КЕУРЕК**[1] зат. өс. <лат. ferula> *Шөлейт жерде өсетін өсімдік шөптесін.*
**КЕУРЕК**[2] сын. **1.** *Кепкен, қатқан.* **2.** *Шытынаған, құтірлек.*
**КЕУРЕУ** *Кеуре етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУСАР** зат. сөйл. ***Кәусар*** *(діни ұғым бойынша, жұмақ (ұжмақ) өзенінің аты).*
**КЕУСЕ=** ет. *Күнелту, тіршілік ету.*
**КЕУСЕУ** *Кеусе етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУСЕН** зат. этн. *Диқандар арасында орта ғасырдан сақталған дәндей берілетін садақа, төленетін ақы, алым.*
**Кеусен сұрады.** *Алынған астықтан садақа сұрады, дәметті.* **Кеусен сұрау.** *Садақа сұрап, дәмету.*
**КЕУСЕНҚҰЛАҚ** зат. этн. *Кеусен үлес, кеусен сыбаға.*
**КЕУСЕР** зат. сөйл. ***Кәусар***.
**КЕУСЕРЛЕ=** ет. көне. *Кеулеу, үңгу.*
**КЕУТАМАҚ** зат. *Арамтамақ, жатыпішер адам.*
**КЕУІК** сын. *Кеудір, кебір, қатқан.*
**КЕУІК-КЕУІК** сын. *Кеудірлеген.*
**КЕУІЛ**[1] зат. сөйл. ***Көңіл***.
**Кеуіл қалды.** *Көңілі қалды, бұрынғыдай емес, хош көрмейді деген мағынада.* **Кеуіл сұрады.** сөйл. *Көңіл сұрады.* **Кеуілінің қошы жоқ.** *Онша ден қоймай тұр, зауқы жоқ, көңілсіз.* **Кеуілін табу.** *Көңілін табуы, ойлағанындай болуы.*
**КЕУІЛ**[2] [лат. capparis] зат. өс. сөйл. *Кеуел (тарбиып шығатын, құмды жерде өсетін, тұрмыста емдікке пайдаланатын түйнегі бар өсімдік).*
**КЕУІЛДЕ=** ет. *Кеукілдесу, дабырласу.*
**КЕУІЛДЕН=** ет. сөйл. ***Көңілден***.
**КЕУІЛДЕС=** ет. *Әңгімелесу, даурығысу.*
**КЕУІЛДІР** зат. сөйл. ***Кеуілжір***.
**КЕУІЛЖІР** зат. *Мұрын қуысындағы нәзік шеміршекті, торланған кеужір сүйектің жұқа қабықшалары, кеңсірік қуысының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек.*
**Кеуілжірі кесілді.** *Сәтсіздікке ұшырады, бақытсыз болды.*
**КЕУІЛЖІРЛЕН=** ет. *Сулану, жұмсару.*
**КЕУІЛЖІРЛЕНУ** *Кеуілжірлен етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУІЛШЕК** сын. жерг. ***Көңілшек***.
**КЕУІМ** зат. *Қараңғы түскен кез, ымырт шақ. // Қара көлеңке, қараңғы, күңгірт.*
**Кеуім тарта.** *Қараңғы түсе, қас қарайғанда.*
**КЕУІН: ит кеуін.** қарғ. *Ит, шошқа, сұмырай деген мағынада.*
**КЕУІП-ПІС=** ет. *Мақтану, дандайсу, лепіру.*
**КЕУІП-ПІСУ** *Кеуіп-піс етістігінің қимыл атауы.*
**КЕУІП-ІС=** ет. *Кеуде көтеру, паңдану, менменсу, дандайсу.*
**КЕУІР** зат. сөйл. ***Кәпір***.
**КЕУІШ** зат. сөйл. ***Кебіс***.
**КЕФАЗ** сын. көне. ***Тәкаппар***.
**КЕФИР** [ор.] зат. сөйл. ***Айран*** *(сүт қышқылы бактериялары және ашытқының қатысуымен даярланатын тағамдардың бірі).*
**КЕШ**[1] зат. **1.** *Ымырт жабылып, қараңғы түсіп, қас қарайған мезгіл.* **2.** *Кешкі уақыт. // Ұзақ, бос.*
**Кеш ауа.** *Кешкісін, кеш бата.* **Кеш бата.** *Кешке, күн бата.* **Кеш батты.** *Ымырт жабылып, қараңғы түсті.* **Кеш бойы.** *Кеш мезгілінде.* **Кеш болды.** а) *Күн батты, кештетті.* ә) *Жай болды, кешікті, үлгермеді.* **Кеш болса қойға сақпан табылар.** *Керегінде не де болса кездесер деген мағынада.* **Кеш жарық!** *Қайырлы кеш деген мағынадағы кешке қарай көріп тұрған адамына ізет білдірудің бір түрі.* **Кешке таман [қарай, жақын].** *Ымырт жабыла, қараңғы түсе, кешқұрым.* **Кеш кірді.** *Ымырт жабылды, қараңғы түсті.* **Кеш қалды.** *Кешеуілдеді, кешікті, уақытын озғызып алды, уақытында үлгермеді.* **Кеш қалдырды.** *Кешіктірді, кешеуілдетті.* **Кеш сайын.** *Әр кеште, кеш болған сайын.* **Кеш тартты.** *Кешікті, мерзімін өткізіп алды.* **Кеш түсе.** *Қас қарая, кешке.* **Кеш түсті.** *Кеш болды, күн батты.*
**КЕШ**[2] зат. **1.** *Көбінесе кешке қарай болатын жастардың ойын-сауығы.* **2.** *Отырыс, жақын адамдардың басқосуы.* **3.** *Оқу орны, мәдени, көпшілік орындарда белгілі ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, т.б. шығармашылығына арналған жиын.*
**КЕШ**[3] үст. *Кешіктіріп, кейін, өткізіп ашу.*
**Кеш жатып, ерте тұрды.** *Аз ұйықтады.* **Кеш қалды.** а) *Мерзімін өткізіп алды, кешікті.* ә) *Жетпеді.* **Кеш қалдырды.** *Мезгілінде келтірмеді, уақытына үлгертпеді.* **Кеш ұғынысты.** *Басында, алғашында емес, кейін тіл табысты.* **Кеш ұқты [түсінді].** *Енді түсінді, мезгілінен кейін түсінді.*
**КЕШ**[1]**=** ет. **1.** *Кешіру.* **2.** *Ғафу ету, кешіру деген мағынада.* **3.** діни. *Алла тағаланың рақым етуі, күнәларды кешіруі.*
**Кеш айтты.** сөйл. *Кешірім айтты.*
**КЕШ**[2]**=** ет. **1.** *Суды, қарды, құмды және т. б. тобығынан келтіріп жаяу яки көлікпен жүріп өту.* **2.** *Жүзу, теңізде сапар шегу.* **3.** ауыс. *Дәуірендеу, молшылық, бай тұрмыс құру.* **4.** *Жалаңаяқ жүру.* **5.** ауыс. *Басынан өткізу.* **6.** ауыс. *Өткеру, өмір сүру.* **7.** ауыс. *Тесіп өту, зулап өту.*
**КЕШБИКЕ** зат. жағымсыз. *Бос, мәнсіз, қызыққұмарлыққа, жеңіл жүріске түсіп кеткен әйел.*
**КЕШ-ДУМАН** зат. *Ойын-сауық, жастардың отырыстары.*
**КЕШ-ЖИЫН** зат. *Кештер мен жиналыстардың жиынтық атауы.*
**КЕШЕ**[1] үст. **1.** *Бүгінгі күннен бір күн бұрын өткен күн.* **2.** ауыс. *Анау күні, алдыңғы жылдары, таяуда, жуықта.*
**Кеше ғана**. *Қандай зырылдап өткен уақыт деген мағынада.* **Кешеден бері**. *Кешегі күннен бастап.* **Кеше еді**. *Күні кеше ғана, қандай тез уақыт деген мағынада.* **Кешелі бері [берлі].** *Кешегіден бері, кешегіден былай.*
**КЕШЕ**[2] зат. көне. ***Түн***.
**КЕШЕДЕ** сын. көне. *Айқындалған, анықталған.*
**КЕШЕ-МЕШЕ** үст. *Суды кешер-кешпестен, суды кешу керек екенін қиынсынбай, асыға, шалпылдатып.*
**КЕШЕГІ** сын. **1.** *Өткен күнгі, кеше болған.* **2.** ауыс. *Бұрын болған, өткендегі.*
**Кешегі бір [өткен] заманда**. *Ертеде, баяғыда.* **Кешегіге бүгін өкпелеп**. *Жайсыз оқиғаны қайта қозғап, еске салып, өтіп кеткенді қайта қазбалап.* **Кешегі дос.** *Бір кездері жақыны болған, ниеті бір жолдас болған адам.* **Кешегі күн**. *Өткен күн.* **Кешегіні бүгінгімен айырбастады**. поэт. *Бір кездегі құндылықтар бүгінде арзандап, басқаша сипат алды деген мағынада.* **Кешегі [бұрынғы] өткен заманда [күндерде].** поэт. *Баяғыда, ертеде, осыдан көп уақыт бұрын.* **Кешегісі де баяғыдай болды**. *Өзгермеді, қанша басына түссе де, өмірден сабақ алмады.*
**КЕШЕГІДЕЙ** үст. **1.** *Кешегі тәрізді, кешегі сияқты.* **2.** *Өткендегідей, бұрынғыдай.*
**КЕШЕЛ** үст. жерг. *Кеш, соң.*
**КЕШЕЛДЕ=** ет. *Кешігу, кідіру.*
**КЕШЕЛДЕН=** ет. *Кешігу, кідіру.*
**КЕШЕЛДЕТ=** ет. *Кешіктіру.*
**КЕШЕЛДЕТУ** *Кешелдет етістігінің қимыл атауы.*
**КЕШЕЛДЕУ**[1] үст. *Кейінірек, кейіндеу.*
**КЕШЕЛДЕУ**[2] *Кешелде етістігінің қимыл атауы; кешігу.*
**КЕШЕЛІ-БҰРЫН** үст. *Өткен күндердің біреуінде.*
**КЕШЕЛІ-БҮГІН** үст. *Таяу арада, күні кеше, жақында ғана. // Өткен күндер.*
**КЕШЕЛІ-БҮГІНГІ** үст. **1.** *Таяу уақыттағы, жақын мезгілдегі.* **2.** *Жалпы алғандағы.*
**КЕШЕЛІ-БҮГІНДІ** үст. *Жуырда, жақында.*
**КЕШЕН**[1] зат. көне. ***Кесене***.
**КЕШЕН**[2] зат. <лат. complexus> **1.** *Бір тұтастықты құрайтын заттардың, құбылыстардың, белгілердің т.б. жиынтығы.* **2.** геол. *Құрам және құрылыс ерекшеліктері күрделі болғанымен, кейбір ортақ белгілерімен сипатталатын, бір-бірін ретті түрде алмастырып отыратын таужыныс қабаттарының жиынтығы.* **3.** инф. <ағыл.

complex> *Біртұтас бүтінді тудыратын құраушылар жиынтығы; біртұтастық құрайтын құрылғылар немесе бағдарламалар жиынтығы.* **4.** *Зымыран ұшыруға арналған ұшақтың координатын есептеу, ұшудың бағдар бойынша орындалуын, қону алдындағы маневрлік төмендеуін т.б. автоматты түрде қамтамасыз ететін орын.* **5.** сәулет. *Бір бүтін болып табылатын сәулет-құрылыс ғимараттарының жиынтығы.*

**КЕШЕНДІ** сын. *Бір-бірімен байланысты, жүйелі.*

**Кешенді бригада**. экон. *Технологиялық жағынан алуан түрлі, бірақ өзара байланысты, өнім өндірудің (жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің) толық циклін немесе оның аяқталған бөлігін қамтитын жұмыстар кешенін орындайтын қызметкерлерді біріктіретін бригада.* **Кешенді ион**. геол. *Кристалдық торда дербес құрылымдық бірлік түрінде жинақталған екі немесе бірнеше элементтер бірлестігі.* **Кешенді қосылыстар**. хим. *Жайхимиялық қосылыстардың әрекеттесуі нәтижесінде түзілетін құрамы күрделі химиялық қосылыстар.* **Кешенді модельдеу**. инф. <лат. complex simulation> *Бұйымның жеке бөліктерінің өзара байланыстығын тексеру және тым күрделі қателерді анықтау барысындағы бағдарламалық бұйымның кешендік сынақтарының құрамды бөлігі.* **Кешенді оқыту жүйесі**. пед. *Оқу материалдарын жүйелі түрде байланыстыра оқыту (экологиятану, табиғаттану т.б.).* **Кешенді педагогикалық тәжірибе**. пед. *Тұтас педагогикалық процесті жобалау мен жүзеге асыруда пайдаланылатын кәсіптік білім, білік, дағдының бірігуі.* **Кешенді тестілеу [тест жүйесі].** пед. *Жоғары оқу орнына түсу үшін қабылданатын, негізінен басты үш пәннен (математика, тарих, тіл (қазақ тілі) және қосымша арнаулы пәннен алынатын, тест түріндегі емтихан.* **Кешенді тыңайтқыш**. хим. *Құрамында азот, фосфор, калийі бар тыңайтқыштар қоспасы.*

**КЕШЕНІШІНДІК** сын. кіт. *Кешен құрап тұрған.*

**Кешенішіндік қосылыстар.** хим. *Металдардың полидентатты лигандтармен циклді кешенді қосылыстары.*

**КЕШЕҢ** үст. *Кештеу, кешелдеп.*

**КЕШЕҢДЕ=** ет. *Кештету.*

**КЕШЕҢДЕТ=** ет. *Кешеуілдету, кештету.*

**КЕШЕҢДЕТУ** *Кешеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШЕҢДЕУ** сын. *Кештеу.*

**КЕШЕҢДІК** зат. *Кеш болғандық, кештік.*

**КЕШЕҢСІ=** ет. *Кешігіңкіреу, кеш қалыңқырау.*

**КЕШЕТ** үст. *Кешкісін.*

**КЕШЕУ** үст. *Кештеу, кешең, кештетіп.*

**КЕШЕУ-КЕШЕУ** сын. *Қашау-қашау.*

**КЕШЕУЛЕ=** ет. **1.** *Кештету, кідіру.* **2.** *Кенжелу, артта қалу.*

**КЕШЕУЛЕТ=** ет. *Кідірту, кештету.*

**КЕШЕУЛЕТУ** *Кешеулет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШЕУЛЕУ** сын. *Кеш, кештеу.*

**КЕШЕУСІЗ[1]** үст. *Кешікпей.*

**КЕШЕУСІЗ[2]** сын. *Кешірімсіз, кешірім бермей.*

**КЕШЕУІЛ** үст. **1.** *Кеш, кейін, соң. // Кештік, кеш қалушылық.* **2.** инф. *Кейбір оқиғаның басқа оқиғаға қатысты кешірек өтушілігі.*

**КЕШЕУІЛДЕ=** ет. *Мерзімінен кешігу, кеш қалу.*

**КЕШЕУІЛДЕҢКІРЕ=** ет. **1.** *Сәл кешігу, өткізіңкіреу.* **2.** *Кейінге қалдыру, кештету.*

**КЕШЕУІЛДЕТ=** ет. *Уақыт жіберу, кештету, жүріп алу. // Кеш, кештетіп.*

**КЕШЕУІЛДЕТУ** *Кешеуілдет етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШЕУІЛДЕУ** *Кешеуілде етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШКЕ** үст. *Кешқұрым, кешкі мезгіл, кешкі уақыт.*

**Кешке жақын [қарай, қарсы, таман].** *Кешке қарай, кешке таман, кеш түсерде.*

**КЕШКЕР=** ет. сөйл. ***Кешкір.***

**КЕШКЕСАЛЫМ** үст. сөйл. ***Кешқұрым.***

**КЕШКЕТҰРЫМ** үст. сөйл. ***Кешқұрым.***

**КЕШКІ** үст. *Кеш болғандағы, ымырт жабылғандағы, кеш уақыттағы.*

**Кешкі ас.** тамақ. *Кешке ішілетін тамақ;* жаңа. *Зияпат, қонақтарға берілетін қонақасы.* **Кешкі бөлім.** пед. *Жоғары оқу орындарында жұмыстан кейін келіп оқушыларға арналған кешкі оқу бөлімі.* **Кешкі зауал шақ.** *Кешкі түнеріңкі кез, жарық пен қараңғылықтың өліарасы.* **Кешкі көлең.** сөйл. *Қараңғы түсе бастаған кез, қара көлеңке.* **Кешкі қонақасы**. этн. *Үлкен той, жиын, ас болардан бір күн бұрын алыстан ертелеп келген қонақтарға берілетін арнайы мал сойылатын кешкі ас.* **Кешкі мектеп**. пед. *Түрлі себеппен орта мектепті дер кезінде бітіре алмаған адамдарға өндірістен қол үзбестен жалпы орта білім алуға мүмкіндік беретін оқу орны.* **Кешкі оқу.** пед. *Азаматтардың өндірістен қол үзбей-ақ жоғары және арнаулы орта білімді мамандық алуына мүмкіндік беретін оқыту пішімі.* **Кешкі салым.** *Кешкітұрым, кешке таман.* **Кешкі салқын.** *Жаз күндеріндегі күн батуға ауған кездегі ыстық қайтқан, жанға жайлы күн райы.* **Кешкі сеанс.** *Фильмдердің кинотеатрлардағы кешкі көрсетілімі.* **Кешкі түгендеу**. әск. *Ротаның жеке құрамын кешкісін сарбаздар мен сержанттардың түгел болуын тексеру үшін, сондай-ақ бұйрықтарды, келесі тәуліктегі нарядты хабарлау үшін күнделікті сапқа тұрғызу.* **Кешкі шақ.** зат. *Кешкі, қас қарайған мезгіл, кешқұрым.*

**КЕШКІҒҰРЫМ** үст. сөйл. ***Кешқұрым.***

**КЕШКІЗ=** ет. *Кештіру, суды тобығынан аса кештіру.*

**КЕШКІЗУ** *Кешкіз етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШКІЛ** сын. жерг. ***Кескіл.***

**КЕШКІЛІК** үст. *Кешкі уақыт, кешкі мезгілде.*

**Кешкілік ас.** сөйл. ***Кешкі ас.***

**КЕШКІР=** ет. *Кеш болу, кеш түсу.*

**Кешкіріп қалды.** *Кеш болуға жақындады, күн батып барады.*

**КЕШКІРТ=** ет. *Кеш қалу, кештету.*

**КЕШКІРТУ** *Кешкірт етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШКІРУ** *Кешкір етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШКІРІМ** үст. сөйл. ***Кешқұрым*** *(кешке қарай, кешке жақын, кешкісін).*

**КЕШКІСІН** үст. **1.** *Кешқұрым, кешкі мезгілде, кеш болғанда.* **2.** *Іңір қараңғысында, ұйықтар мезгілде.*

**КЕШКІТҰРЫМ** үст. сөйл ***Кешқұрым.***

**КЕШҚАЛА** зат. тар. *Қамал-қала, қорғаныс, бекіністер.*

**КЕШҚҰРЫМ** үст. *Кешке таман, кешке қарай, кеш түскен шақта.*

**КЕШҚҰРЫН** үст. сөйл. ***Кешқұрым.***

**КЕШ-МЕШ** үст. сөйл. *Ертелі-кеш, ерте демей, кеш демей.*

**КЕШПЕ** сын. *Кешіп өтетін, тобықтан келетін (су). // Кешіп өтетін су.*

**КЕШПЕК** зат. *Кешуге болатын, кешетін жер.*

**КЕШПЕС** сын. *Кешіруге болмайтын.*

**КЕШПЕСТЕЙ** үст. *Енді кешіре алмайтындай.*

**КЕШТЕЙ[1]** сын. *Кеш сияқты, кешке ұқсап.*

**КЕШТЕЙ[2]** үст. *Кеш бойы.*

**КЕШТЕТ=** ет. *Кешігу, кеш қалыңқырау; кешкісін жүру, істеу.*

**КЕШТЕУ** үст. *Соңдау, соңырақ, уақытын оздырып, қалыңқырап.*

**Кештеу жатты**. *Күндегі мезгілінен кеш ұйықтады.*

**КЕШТІК[1]** сын. *Кешке жететін, кеш көлеміндегі. // Кешке ішетін тамақ, ас.*

**КЕШТІК[2]** зат. *Кеш қалғандық, кешіккендік.*

**КЕШТІК[3]** зат. *Батыс жақ.*

**КЕШТІҚҰРЫМ** үст. сөйл. ***Кешқұрым.***

**КЕШТІР=** ет. *Кешкізу, тобығына дейін келтіріп, судан өткізу.*

**КЕШТІРУ** *Кештір етістігінің қимыл атауы;.*

**КЕШУ[1]** зат. **1.** *Адамның өлер алдындағы қоштасуы, кешірім сөзі.* **2.** *Кешірім.*

**Кешу алысты.** *Өлер алдында қоштасты, бақиласты.* **Кешу қылды.** *Кешірді, кешірім жасады.* **Кешу қылысты.** *Кешірім етісті, кешірісті.* **Кешу сұрады.** а) *Кешірім сұрады, өтінді.* ә) *Қоштасты, қош айтысты.*

**КЕШУ[2]** *Кеш етістігінің қимыл атауы, кешіру.*

**КЕШУ[3]** *Кеш етістігінің қимыл атауы, суды тобыққа шейін келтіріп кешіп өту.*

**Кешу бермеді.** *Өткізбеді, кешкізбеді, жүргізбеді.*

**КЕШУЛІ: тар жол, тайғақ кешулі.** *Азапты, бейнетті, мехнатты.*

**КЕШУСІЗ[1]** сын. *Кешіп өте алмайтын, кешуге болмайтын; өтуге қиын.*

**КЕШУСІЗ[2]** сын. *Кешірілмейтін, кешіруге болмайтын.*

**КЕШУІЛДЕ=** ет. сөйл. ***Кешеуілде.***

**КЕШІГУ** *Кешік етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШІГУШІ** зат. *Кешігіп келуші, кеш қалушы.*

**КЕШІГУШІЛІК** зат. *Кеш қалушылық.*

**КЕШІГІҢКІРЕ=** ет. *Кешірек қалу, аздап кешігу.*

**КЕШІГІҢКІРЕУ** *Кешігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШІК** зат. тар. *Түркі мемлекеттері мен Шыңғыс хан империясындағы билеушінің жеке өзіне бағынатын жасақ, гвардия, күзет әскері.*

**КЕШІК=** ет. *Кеш қалу, мерзіміне үлгермеу.*

**Кешігіп барды**. *Белгіленген уақытын өткізіп барды.* **Кешігіп қалды.** *Кешікті, белгілі бір себептермен уақытынан соң келді, жетті, бастады т.б.*

**КЕШІКПЕЙ** үст. *Көп ұзамай, біраздан соң-ақ.*

**КЕШІККІШ** сын. *Кеш қалғыш, кешіге беретін, кешігімпаз.*

**КЕШІКТІР=** ет. **1.** *Кідірту.* **2.** *Ұзату, уақыт оздыру.* **3.** *Кеш қалдыру, ұстау.*

**КЕШІКТІРМЕЙ** үст. *Лезде, артынша, көп ұзатпай, тез арада.*

**КЕШІКТІРУ** *Кешіктір етістігінің қимыл атауы; кідірту, ұстау.*

**КЕШІКТІРІЛ=** ет. **1.** *Кідірттірілу.* **2.** *Асқындыру.* **3.** *Уақытты оздыру.*

**КЕШІКТІРІЛУ** *Кешіктіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШІ-КҮНІ** үст. көне. ***Күндіз-түні.***

**КЕШІЛ** зат. көне. *Ірі дәрежелі діни адамдар.*

**КЕШІЛ=** ет. *Кешірілу.*

**КЕШІМ** зат. сөйл. ***Кешірім.***

**КЕШІН=** ет. ***Кешіру.***

**КЕШІР[1]=** ет. *Бастан өткізу.*

**КЕШІР[2]=** ет. **1.** *Кешірім ету.* **2.** *Ғапу ету, кеш деген мағынада.* **3.** діни. *Пенденің Алла тағаладан күнәларымнан арылт деп жалбарынғанда айтатын сөзі.*

**КЕШІРГІШ** сын. *Кешірімпаз, кешіре беретін, мінезі жұмсақ.*

**КЕШІРЕК** үст. *Соңырақ, кейінірек.*

**КЕШІРІЛ=** ет. *Кешірім берілу.*

**Кешірілмес күнә**. *Үлкен күнә, айып.*

**КЕШІРІЛУ** *Кешіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КЕШІРТ=** ет. *Кешіргізу.*

**КЕШІРУ[1]** *Кешір етістігінің қимыл атауы, бастан өткеру.*

**КЕШІРУ[2]** *Кешір етістігінің қимыл атауы, кешу, арылту, кешірім ету.*

**КЕШІРІМ** зат. **1.** *Басқа біреудің істеген қылмысына, әбестігіне, айыбына түсіністікпен қарау.* **2.** құқық. *Сотталған адамдарды мемлекет басшысының немесе өкіметтің жоғарғы орнының жазадан және оның құқықтық*

*салдарынан толықтай немесе жартылай босатуы, ақтауы.*

**Кешірім берді**. а) *Жоғарғы сот, мемлекет басшысы жазадан босатып, түрмеден шығарды.* ә) *Кешірді, жазадан босатты.* б) *Түсіністікпен қарады.* **Кешірім жасау**. заң. *Мемлекеттік жоғары билік органдарының не мемлекеттегі ең жоғары лауазым иесінің сотталушыны қылмыстық жазадан толық немесе ішінара босатуы, не оған сот белгілеген жазаны жеңілдетуі.* **Кешірім керек**. *Түсіністік керек.* **Кешіріммен қарау**. *Түсіністікпен қарау.* **Кешірім өтінді.** *Кешірім беруді сұрады, қолқа етті.* **Кешірім сұрады**. *Кешіруін өтінді, кешір деп жалынды.* **Кешірім сұрау**. *Кешіргенін қалау, кешір деп жалыну.*

**КЕШІРІМДІ** сын. **1.** *Кешіргіш, кек сақтамайтын, мейірімді, кешіре білетін.* **2.** *Кешірерлік, кешіруге болатын.* **3.** діни. *Рақымды.*

**КЕШІРІМДІК** зат. *Ғафу етушілік, кешімдік.*

**КЕШІРІМДІЛІК** зат. **1.** *Кешіре берушілік, кешірім, кешіруге болатындық.* **2.** псих. *Адам бойындағы пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарайтын жақсы қасиет, адамгершілік, имандылық сияқты гуманистік ұғымдарға мәндес категория.*

**КЕШІРІМПАЗ** сын. *Кешіргіш, кешіре беретін, кекшіл емес, мейірімді.*

**КЕШІРІМПАЗДЫҚ** зат. *Кешіргіштік, мейірімділік, жұмсақтық, кешіре бергіштік.*

**КЕШІРІМСІЗ** сын. *Қатал, мейірімсіз, кешірмейтін, кекшіл.*

**КЕШІРІМШІЛ** сын. *Кешірімпаз, кешіргіш.*

**КЕШІРІМШІЛДІК** зат. *Кешіргіштік, кешірімпаздық.*

**КЕШІРІС**[1]**=** ет. *Көру, бастан өткізу, куә болу.*

**КЕШІРІС**[2]**=** ет. *Түсінісу, бір-бірін кешіру, кек сақтаспау.*

**КЕШІРІСУ** *Кешіріс етістігінің қимыл атауы, бір-бірін кешіру.*

**КЕЩЕ** сын. *Мешеу, тоғышар, ұғым-түсінігі нашар, топас. // Мешеу, тоғышар адам.*

**КЕЩЕЛЕУ** сын. *Топастау, мигұлалау.*

**КЕЩЕЛІК** зат. *Топастық, мигұлалық, нашар түсінушілік.*

**КЕЧУА** зат. этнон. *Америка құрылығындағы қазіргі үндіс халықтарының ең ірісі, Перу, Боливия және Эквадор халықтарының едәуір бөлігі.*

**КЕЮ** *Кейі етістігінің қимыл атауы.*

**КЕЮЛІ** сын. *Реніштi, уайымды, күйінішті.*

**КЕЮСІЗ** сын. *Реніш сіз, налусыз.*

**КИ =** ет. **1.** *Киім кию.* **2.** ауыс. *Жағдайын жасау, киіндіру, қарау.* **3.** ауыс. *Басқа түске ену, айналу.* **4.** ауыс. *Орану, жамылу.* **5.** ауыс. *Тұтыну, қолдану, ұстау.*

**Киер киім, ішер астан айырылды**. *Жағдайы төмендеді, кедейленді.*

**КИБЕРНЕТИКА** [грек. kyberntik] зат. терм. *Басқару, байланыс жасау және ақпарат ісінің жалпы заңдылықтарын өңдеу туралы ғылым.*

**КИБЕРНЕТИКАЛЫҚ** сын. ғыл. *Кибернетикаға тән, кибернетикаға қатысты.*

**КИБРИЙА** зат. діни. *Алланың ұлылығы.*

**КИБРИТ** зат. жерг. ***Сіріңке.***

**КИВИ** зат. өс. *Қытайда және Қиыр Шығыстың басқа да елдерінде өсірілетін, сондай-ақ Францияда, Италияда, Жаңа Зеландияда жерсіндірілген өсімдік және оның ұсақ түк басқан, үлкендігі алхорыдай, қабығы күңгірт-қоңыр жемісі.*

**КИВИТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. apterygiformes> *Құстардың қырсызтөстілер немесе жүгіретін құстар тобының бір отряды.*

**КИГІЗ** зат. сөйл. ***Киіз.***

**Кигіз байпақ.** *Киізден тігілген, етіктің ішінен киетін, жылы аяқкиім.* **Кигіз бастырды.** сөйл. ***Киіз бастырды.*** **Кигіз кітап.** сөйл. ***Киіз кітап.*** **Кигіз үй.** сөйл. ***Киіз үй*** *(кигізден жасалған шаңырақты үй, қазақ үй).*

**КИГІЗ=** ет. **1.** *Кидіру.* **2.** *Сұғындыру, салу.*

**КИГІЗДЕЙ** сын. *Кигіз сияқты, киіз тәрізді.*

**КИГІЗДЕН=** ет. сөйл. *Киізден у (тұтасу, ұйысу).*

**КИГІЗЕ-КИГІЗЕ: кигізе-кигізе салды**. *Қалай болса, солай кигізе қойды.*

**КИГІЗІЛ=** ет. *Сұғындыру.*

**КИГІЗІЛУ** *Кигізіл етістігінің қимыл атауы.*

**КИГІЗУ** *Кигіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үстіне, аяғына киім кидіру.* **2.** *Сұғындыру, ілу.* **3.** ауыс. *Жағдайын жасау, іліндіру, киіндіру.*

**КИДНЕППИНГ** [ағыл. kidnapping] зат. құқық. *Адамды күштеп ұрлап әкету.*

**КИДІР=** ет. *Үстіне киім кигізу.*

**КИДІРМЕЛЕ=** ет. **1.** *Итеру, тіреу.* **2.** *Итермелеу, алға ұмтылу.* **3.** ауыс. *Сөздің аяғын тоспау, сөзді бөлу, өзінікін бастырма лату.*

**КИДІРМЕЛЕУ** *Кидірмеле етістігінің қимыл атауы.*

**КИЕ** зат. миф. **1.** *Қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің ерекше тылсым күшке ие қасиеті.* **2.** *Қазақы наным-сенім бойынша, өзен-көл, орман-тау, мал-құстардың қорғаушысы, пірі болады деген түсінік, қорғаушы, желеп-жебеуші.* **3.** ауыс. *Қамқоршы, қожайын.*

**Киесі атты.** *Қарғысқа ұшырады.* **Киесі кетті**. *Дегбірі қашты, мазасы кетті, ыңғайсызданды.* **Киесін тартты**. *Азабын көрді.* **Киесі түсті**. *Құсы түсті.* **Киесі ұрды**. *Қарғысқа ұшырады, кәріне тап болды.*

**КИЕДЕЙ** сын. *Кие сияқты, кие тәрізді.*

**КИЕ-ЖАРА** үст. **1.** *Кимелеп, ықтап, омыраулап, жарып өтіп.* **2.** *Бастырмалата, үсті-үстіне.*

**КИЕЛЕУ** зат. көне. *Дұғалау.*

**КИЕЛІ** сын. **1.** *Киесі бар. // Киесі бар жан. // Қасиет, құдірет.* **2.** *Құдіретті.* **3.** ауыс. *Ардақты, құрметті, қымбат, бағалы. // Ардақты, ардақ тұтқан нәрсе.* **4.** ауыс. *Ыстық, қадірлі, ерекше.*

**Киелі алтын бесік**. поэт. *Туған жер.* **Киелі жануарлар**. миф. *Шығу тегін белгілі бір жануарлармен байланыстыратын халықтар наным-сеніміндегі түсінік, айрықша қадірлейтін, пір тұтатын хайуандар.* **Киелі жер**. *Түп тарихы бар, ежелден келе жатқан атамекен.* **Киелі кен**. поэт. *Атамекен.* **Киелі күндер**. *Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы аптаның қасиетті саналатын күндері (сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма; айт күндері).*

**КИЕЛІЛІК** зат. *Қасиеттілік, қадірлілік.*

**КИЕЛІРЕК** сын. *Қасиеттірек, құдіреттірек.*

**КИЕҢКІ**[1] зат. *Көктемде, және күзге қарай жауын-шашын көбейген кезде жиі өршитін айғыр мен биелер ғана шалдығатын жұқпалы ауру түрі.*

**КИЕҢКІ**[2] зат. *Қырсық.*

**КИЕСІЗ** сын. *Киесі жоқ, қасиетсіз, кепиетсіз.*

**КИЖУЧ** зат. балықшар. *Тынық мұхиттың албырт балығының бір түрі.*

**КИЙ** [польск. kij] зат. *Бильярд ойнау үшін жасалған ұзын таяқ.*

**КИКБОКСИНГ** [ағыл. kickboxing] зат. спорт. *Шығыс жекпе-жек түрлеріне (каратэ, таэквандо, тай боксы, у-шу) және ағылшын боксына негізделген спорт түрі.*

**КИКЕЛЕҢДЕ=** ет. *Изеңдеу, изең-изең ету.*

**КИКЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Изеңдету, изең-изең еткізу.*

**КИКЕҢ** елік. *Изең еткен, қиқайған қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**КИКЕҢ-КИКЕҢ** елік. *Изең-изең еткен ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Кикең-кикең етті**. *Изең-изең етті, изеңдеді.*

**КИКІЛЖІҢ** зат. *Реніш, кейіс, өкпе.*

**Кикілжің сөз**. *Ұсақ-түйек, реніш тудыратын, ілініс тіретін әңгіме.* **Кикілжің туды [болды, кірді]**. а) *Реніш пайда болды.* ә) *Ұрыс-керіс шықты.* б) *Араздасты, бұрынғыдай болмады, араласпады, сөйлеспеді.*

**Кикілжің кірді**. *Реніш, келіспеушілік пайда болды.*

**КИКІЛЖІҢДЕС=** ет. *Сөзге келісу, түсініспеу, ренжісу.*

**КИКІЛЖІҢДЕСУ** *Кикілжіңдес етістігінің қимыл атауы*

**КИКІҢДЕ=** ет. *Китің-китің ету, аздап изеңдеу.*

**КИКІҢДЕУ** *Кикіңде етістігінің қимыл атауы.*

**КИЛӘ** зат. аймақ. ***Банан.***

**КИЛО** [франц. kilo] зат. ***Келі.***

**КИЛОБАЙТ** [ағыл. kilobayte] зат. инф. *Компьютердің жад сыйымдылығы мен ондағы мәліметтер көлемін өлшеу бірлігі, 1024 биттен тұратын ақпарат бірлігі.*

**КИЛОВАТТ** зат. физ. *1000 ватқа немесе 1,36 ат күшіне тең қуаттың бірлігі.*

**КИЛОВАТТ-САҒАТ** зат. физ. *Бір киловатт қуаты бар мәшиненің бір сағат бойы істейтін жұмысына тең келетін күш бірлігі.*

**КИЛОВАТТЫҚ** сын. физ. *Киловатт болатын, киловатқа тең.*

**КИЛОВОЛЬТ** зат. физ. *1000 вольтке тең болатын электр қуатының бірлігі.*

**КИЛОГРАММ** зат. физ. *Масса бірліктерінің халықаралық жүйесіндегі негізгі бірлігі.*

**КИЛОГРАМДАЙ** сын. ***Келідей*** *(килограмм шамасы, килограмға жуық).*

**КИЛОЛА=** ет. ***Келіле*** *(килограмдап өлшеу, таразылау).*

**КИЛОМЕТР** зат. *Метр жүйесіндегі бір мың метрге тең ұзындық.*

**КИЛОМЕТРАЖ** зат. **1.** *Километрді өлшейтін аспап.* **2.** *Жүрілген километр саны.*

**КИЛОМЕТРДЕЙ** сын. *Километр шамасы, мөлшері.*

**КИЛОМЕТРЛІК** сын. *Километрге тең, километрге шендес.*

**КИЛОТОННА** зат. мат. *1000 тонна.* **2.** әск. *1000 тонна тротилге (сарғылт түсті қатты қопарылғыш затқа) тең ядролық қару қуатының шамасы.*

**КИЛІГУ** *Килік етістігінің қимыл атауы.*

**КИЛІГУШІ** сын. *Килігетін, тиісуші, соқтығушы.*

**КИЛІК=** ет. **1.** *Тиісу, соқтығу.* **2.** *Кезігу.* **3.** *Сөзге араласу, араға түсу.*

**Киліге берді.** *Қайта-қайта соқтықты, тиісе берді.* **Киліге кету.** *Кимелеу, кірісе кету.* **Килігіп [киліге] кетті.** а) *Кірісіп кетті.* ә) *Бүйірден қосылды, тиісті.*

**КИЛІККЕНДЕЙ** үст. *Кездескендей, тап болғандай.*

**КИЛІККІШ** сын. *Тап болғыш, кездескіш.*

**КИЛІКПЕ** сын. *Соқтыққыш, киліккіш.*

**КИЛІКТІР=** ет. **1.** *Араластыру.* **2.** *Ұрындыру, душар ету.*

**КИЛІКТІРУ** *Киліктір етістігінің қимыл атауы.*

**КИЛЬ** [гол. kiel] зат. навиг. *Кеменің түбін бойлай оның тұмсығынан артқы жағына дейін тартылып, оны екі симметриялы бөлікке бөлетін кеменің негізгі ұзына бойы созылған элементі.*

**КИЛЬКА** зат. **1.** зоол. *Кәсіптік маңызы бар майшабақтар (шпрот, тюлька) тұысының жалпы атауы.* **2.** тамақ. *Осы майшабақтардан консервілеп әзірленген тағам.*

**КИМБЕРЛИТ** зат. геол. *Құрамында алмаз ұшырасатын негізінен серпентиннен, оливиннен, магнийлі слюдадан, граниттен, ильмениттен, т.б. құралатын магмалық ультранегізді таужыныс.*

**КИМЕ** сын. *Көлденең, жанама, қағытпа.*

**Киме сөз**. *Көлденең, қағытпа сөз.*

**КИМЕЛЕ=** ет. **1.** *Итермелеп алға ұмтылу, киіп-жару.* **2.** *Сөзді бөлу, өзгені тыңдамай, өзінікін бастырмалату.* **3.** *Не болса, соған беталды араласа кету.*

**Кимелей жөнелді.** *Тиісе кетті, соқтығa жөнелді.* **Кимелеп кетті**. *Күшке басты, бастырмалатты.*

**КИМЕЛЕС=** ет. *Итермелеп алға ұмтылысу, киіп-жару.*

**КИМЕЛЕСУ** *Кимелес етістігінің қимыл атауы.*

**КИМЕЛЕТ=** е т. **1.** *Үстемелету, бастырмалату.* **2.** *Не болса, соған беталды араласып, кірісе кету.*

**КИМЕЛЕТУ** *Кимелет етістігінің қимыл атауы, итермелеп алға ұмтылдыру.*

**КИМЕЛЕУ** *Кимеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Итермелеп алға ұмтылу, киіп-жару.* **2.** *Топтану, топырлау, жиналу.* **3.** *Қабаттасу, жағаласу.* **4.** *Не болса, соған беталды араласып, кірісе кету.*

**КИМЕШЕК** з а т. э т н. *Омырауы мен арқасын жауып тұратын, беті ойылып жасалған, ақ матадан тігілетін әйелдердің ұлттық баскиімі.*

**Кимешек кигізу** э т н. *Дәстүрлі ортада әйелдің ана болғанының белгісі ретіндегі келіншектің балалы болған күннен бастап киетін баскиім - кимешекті кигізу салты [бұған перзентті болған жас келін алдын ала дайындық жасайды: енесінің, абысын-ажынының көмегімен кимешек пішіп, әшекей кестелерін өзі тігеді; баласы қырқынан шыққанда енесі: «сен енді санатқа қосылдың. Бұрын бала едің, енді ана болдың. Енді осы үйге толық мүшесің», – деп келіннің маңдайынан сүйіп, батасын береді, ауыл әйелдері, бәйбішелер әдейі жиналып келіп, келінге үйінен келген киелі киім кимешекті өз қолдарымен кигізеді; оны келіннің енесі ұйымдастырады; кимешек кигізген адам келіннің енесінен сый алады; әке-шешелері бұл баскиімді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырыммен салады].*

**КИМЕШЕК-ЖАУЛЫҚ** з а т. э т н. *Әйелдердің кимешек, жаулық сияқты баскиімдері.*

**КИМЕШЕКТІ** с ы н. *Кимешек киген, кимешегі бар.*

**КИМЕШЕКТІК** с ы н. *Кимешек тігуге арналған.*

**КИМЕШЕК-ШАРШЫ** з а т. э т н. *Әйелдердің кимешек, шаршы сияқты баскиімдері.*

**КИМЕШЕК-ШЫЛАУЫШ** з а т. э т н. *Әйелдердің кимешек, шылауыш сияқты баскиімдері.*

**КИММЕРИЯЛЫҚ** з а т. т а р. *Б.з.б. 8-7 ғасырларда Қара теңіздің солтүстік-батыс жағалауын қоныстанған ежелгі дәуірдегі тайпа атауы.*

**КИМОГРАФ** [грек. kuma – толқын, grapho – жазамын] з а т. т е х. *Әртүрлі физиологиялық процестерді жазуға арналған құрал.*

**КИМОНО** з а т. **1.** *Жеңі кең, халат түріндегі жапонның ұлттық киімі.* **2.** с п о р т. *Жапондардың ұлттық киімі пішіндес етіп тігілген көйлек, халат.*

**КИНГ** [ағыл. king] з а т. *Карта ойынының бір түрі.*

**КИНЕМАТИКА** [грек. kinema (kinematos)] з а т. ф и з. *Дене қозғалысын геометриялық жағынан қарастыратын механиканың бөлімі.*

**КИНЕМАТИКАЛЫҚ** с ы н. ф и з. *Кинематикаға тән, кинематикаға қатысты.*

**Кинематикалық диаграмма.** ф и з. *Қолданбалы механикада көп пайданаларлық мәні бар арнаулы диаграммалар.* **Кинематикалық дифференциация**. к е н. *Магманың жарылымдар бойымен жер қыртысының жоғарғы горизонттарына көтерілу жолында мүмкін болатын дифференциациясы.* **Кинематикалық тұтқырлық**. ф и з. *Динамикалық тұтқырлықтың газ немесе сұйықтық тығыздығына қатынасы.* **Кинематикалық энергия коэффициенті.** к е н. *Жерасты қазбасының әр жеріндегі көлденең қиманың өзгеруіне байланысты ауа ағыны жылдамдығының біркелкі болмай бөлінуін есепке алатын коэффициент.*

**КИНЕМАТОГРАФ** [грек.kinema (kinematos) – қозғалыс, grapho – жазамын] з а т. ө н е р. *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін өнер түрі.*

**КИНЕМАТОГРАФИСТ** з а т. ө н е р. *Кинофильмді дайындап, көрерменге көрсететін адам, кинематографшы.*

**Кинематографистер одағы.** ө н е р. *Кино өнер қайраткерлерінің ерікті шығармашылық бірлестігі, кинематографшылар одағы.*

**КИНЕМАТОГРАФИЯ** з а т. ө н е р. *Кинофильмдерді дайындап, көрермендерге көрсететін мәдениет пен өндірістің бір саласы.*

**КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н. ө н е р. *Кинематографияға тән, кинематографияға қатысты.*

**КИНЕМАТОГРАФШЫ** з а т. *Кинематографияның маманы, кинотүсіруші.*

**КИНЕСКОП** [грек. kineo – қозғалыс, skopeo – көремін] з а т. ф и з. *Телевизиялық кескін көрсетуге арналған, магнитпен басқарылатын электронды-сәулелі түтік.*

**КИНЕТИКА** [грек. kinetikos] з а т. ф и з. *Теориялық механиканың статика мен динамиканы біріктіретін бөлімі.*

**КИНЕТИКАЛЫҚ** с ы н. ф и з. *Кинетикаға тән, кинетикаға қатысты.*

**Кинетикалық коэффициент**. ф и з. *Температура, концентрация және т. б. градиенттермен физикалық шамалар тобын байланыстыратын тепе-теңдіктегі емес термодинамикадағы қандай да бір теңдеулердің пропорционалдық коэффициенті .* **Кинетикалық қару**. ә с к. *Дағдылы оқтұмсық немесе ядролық жарылыстан айырмашылығы қиратқыш күші нысанымен қақтығыстан пайда болатын қару.* **Кинетикалық момент**. ф и з. *Қозғалыс мөлшерінің моменті.* **Кинетикалық теңдеу**. ф и з. *Статистикалық физикада жүйенің уақыт бойынша эволюциясын сипаттайтын көп бөлшекті жүйенің бір бөлікті таралу функциясына арналған теңдеу.* **Кинетикалық энергия**. ф и з. *Механикалық жүйе нүктелерінің жылдамдығы бойынша анықталатын энергия.*

**КИНЖАЛ** [ар. hangar] з а т. ***Қанжар*** *(кесу, түйреу арқылы жарақат салуға арналған екі жүзді қару).*

**КИНО** з а т. **1.** ө н е р. *Кинематографияның техникалық негізінде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі.* **2.** с ө й л. *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін құрал.* **3.** с ө й л. ***Кинотеатр***. **4.** с ө й л. ***Кинофильм***. **5.** *Кинематографиялық деген мағынада жұмсалатын, күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**Кино аспаптары.** *Фильмдерді (бейне кескіндерді) жасауға, редакциялауға және қайталап көруге (жаңғыртуға) арналған аспаптық құралдар жиынтығы.* **Киноға түсірді.** с ө й л. *Бейнекамераға түсірді.* **Киноға түсу.** *Көркем фильмнің кейіпкері болып ойнау.* **Кино өнері.** *Аудиовизиялық коммуникация құралдарына (телевизия, бейнекассета, бейнедиск, голография) негізделген шығармаларды қамтитын экран өнерінің негізгі бөлігі.* **Кино өнеркәсібі.** *Фильмдер жасау, оларды көрсету, көбейтіп басу ісінде қолданылатын техникалық аспаптар мен жабдықтар өндіретін өнеркәсіп саласы.* **Кино тарихы.** *Кино өнерінің қалыптасу, даму жолдарын зерттейтін өнертану ғылымының саласы.* **Кино теориясы.** *Киноның негізгі принциптерін, табиғатын және оның түрлерінің ерекшеліктерін зерттейтін өнертану ғылымының саласы.* **Кино техникасы**. *Кино түсірудің, көбейтудің және көрсетудің құрал-жабдықтарын, әдістері мен тәсілдерін жасайтын техника саласы, кинематографияда қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығы.*

**КИНОАКТЕР** з а т. ***Киноәртіс*** *(кинода ойнайтын әртіс).*

**КИНОАППАРАТ** з а т. *Киноға түсіретін, кино көрсететін құрал.*

**КИНОАППАРАТУРА** з а т. *Киноматографияда қолданылатын түрлі аппараттардың жиынтық атауы.*

**КИНОӘРТІС** з а т. ө н е р. *Киноға түсетін, кино кейіпкерлерін ойнайтын әртіс.*

**КИНОБАЙҚАУ** з а т. *Киноға түсетін адамдарды кейіпкер бейнесіне лайық актерлік шеберлігіне қарай іріктеуге арналған байқау.*

**КИНОБАҚЫЛАУ** з а т. ө н е р. *Актерлік мектептің негізгі жаттығуының бірі ретіндегі киноға түсіріп алынған мәліметтер бойынша бақылау жүргізу әдісі.*

**КИНОБЕЙНЕЖАБДЫҚ** з а т. к и н о. *Кино түсіруге, бейнежазбалар дайындауға қажетті әбзелдер.*

**КИНОБЕЙНЕТЕХНИКА** з а т. к и н о. *Кино түсіруге, бейнежазбалар дайындауға қажетті техника.*

**КИНОБІЛІМ** з а т. к и н о. <ағыл. film education>. *Медиабілімнің бір саласы болып табылатын арнайы сала мамандарын дайындайтын, сонымен бірге басқа сала мамандарына осы сала туралы білім беретін кинематографты, кино өнерін оқытумен байланысты педагогиканың бағыты.*

**КИНОБЮЛЛЕТЕНЬ** з а т. *Кино жаңалықтары жазылатын мерзімді басылым.*

**КИНОВАРЬ** [грек. kinnabari] з а т. х и м. *Сульфидтер табының минералы.*

**КИНОВИКТОРИНА** з а т. *Әдетте белгілі бір жүлдеге бола кино өнері мен кинематографқа қатысты сұрақтар жасырылатын сұрақ-жауап ойыны.*

**КИНОГЕР** з а т. *Кинематография қызметкері, киношы.*

**КИНОГРАММА** з а т. *Кинолық жазу, кинолардың жазылған реті, тізімі.*

**КИНОДӘРІС** з а т. *Киноға түсірілген, жазылған дәріс; фильмде берілген дәріс арқылы сабақ өту.*

**КИНОДӘРІСХАНА** з а т. *Кино жөнінде дәріс оқитын мекеме, орын, үй.*

**КИНОДЕРЕК** з а т. ө н е р. *Деректі және хроникалық фильмдерді қамтитын кинематографияның бір саласы.*

**КИНОДОКУМЕНТ** з а т. ***Кинокұжат.***

**КИНОДОКУМЕНТАЛИСТ** з а т. *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр дайындаушы.*

**КИНОДРАМАТУРГ** з а т. *Кинодраматургиясына арнап шығарма жазатын, сценарий дайындайтын адам.*

**КИНОДРАМАТУРГИЯ** з а т. ө н е р. *Әдеби шығармашылықтың бір саласы, кино драматургиясы, киноға арнап сценарий жазу саласы.*

**КИНОДУМАН** з а т. ө н е р. *Киноәртістердің немесе белгілі кинотуындының желісімен кинокейіпкерлер болып киінген ойыншылардың қатысуымен өтетін медиақұралдар арқылы берілетін көңілді бағдарлама.*

**КИНОЖАНРЛАР** з а т. ө н е р. *Кино өнеріне қатысты жанрлар.*

**КИНОЖАҢАЛЫҚ** з а т. *Кино өнеріндегі жаңа құбылыс, технология немесе жаңа тұлға.*

**КИНОЖАРНАМА** з а т. ө н е р. *Кино басталар алдына көрермендерге әсер ету үшін берілетін жарнама.*

**КИНОЖАРЫҚ** з а т. ө н е р. *Операторлық шеберліктің бір көрінісі ретіндегі кино түсіру үшін қажетті жарықтандыру үдерісі.*

**КИНОЖАСАУ** з а т. ө н е р. *Кино түсіріліп отырған жағдаят пен оқиға орнын қалпына келтіру үшін қажетті жасау-жабдықтар, безендіру-әрлендіру құралдары.*

**КИНОЖЕЛІ** з а т. ө н е р. *Кинода баяндалатын, көрсетілетін оқиғаның басталуы, дамуы мен өрбуі, аяқталуы.*

**КИНОЖОСЫҚ** з а т. ө н е р. *Бейнекөріністің ықшам құралдары арқылы шектеулі уақыт көлемінде жеткізілетін оқиға желісі аяқталған тұтас шығарма.*

**КИНОЖУРНАЛ** з а т. *Әлсін-әлсін шығарылып тұратын ақпараттық кинотуынды, кинохрониканың бір түрі.*

**КИНОЖҰЛДЫЗ** з а т. ө н е р. *Кино өнерінде танылған, жұртшылықтың көңілінен шығып, әйгілі болған киноәртіс.*

**КИНОЖЫЛНАМА** з а т. ө н е р. *Әдетте болашақтағы фильмнің өндірісіне бағытталған уақыт пен оқиға орны, жағдаяттың көрініс-*

*терінен тұратын деректі сюжеттердің үздіксіз түсірілімі.*

**КИНОЗАЛ** зат. *Кино көрсетілетін орын.*

**КИНОЗЕРТХАНА** зат. өнер. *Фильм өндірісінің барлық құрамдас бөліктерін, кинотүсіру техникасын, дыбыс техникасын, өнімді таратып, сатуды қоса қамтитын күрделі технологиялық үдеріс, осы үдеріс сыналатын, тексерілетін орын.*

**КИНОИСКУССТВО** зат. ***Кино өнері.***

**КИНОИНСТИТУТ** зат. өнер. *Кинотуындыларды бағалап, киноиндустиядағы үдерістер бағыттарын саралап отыратын кино саласы мамандарынан тұратын орын.*

**КИНОКАБИНЕТ** зат. *Кино жабдықтары тұратын кабинет.*

**КИНОКАДР** зат. *Фильм ішіндегі тоқтатылып көрсетілетін бір сәт, жеке сурет.*

**КИНОКАДРДАЙ** сын. *Кинокадр сияқты, кинокадр тәрізді.*

**КИНОКАМЕРА** зат. *Киноға түсіретін құрал, аспап.*

**КИНОКАРТИНА** зат. *Көркемсуретті фильм.*

**КИНОКЕЙІПКЕР** зат. *Кинофильмдегі рөлі ойналып көрсетілетін тұлға, кинотуындының кейіпкері.*

**КИНОКЛИП** зат. өнер. *Бір әннің желісімен түсірілген немесе тұтас кинотуындыдан қысқартылып берілген уақыт жағынан ықшам бейнекөрініс.*

**КИНОКЛУБ** зат. өнер. <ағыл. film club>. *Бірігіп кинотуындыралды көріп, талқылайтын, кинематограф мәселелерін ортаға салатын қоғамдық ұйым.*

**КИНОКОМЕДИЯ** зат. *Әлеуметтік құбылыстар мен адамдардың өзара қатынасын әзіл, сықақ, мысқыл арқылы көрсететін кино өнерінің жанры.*

**КИНОКОНКУРС** зат. ***Кинобайқау.***

**КИНОКӨРГІШ** сын. *Кино көруге құмар, киноны көп көретін.*

**КИНОКӨРЕРМЕН** зат. *Кинотуындыларды көруші, бағалаушы аудитория өкілі.*

**КИНОКӨРСЕТКІШ: кинокөрсеткіш оптика.** тех. *Кинофильмдерді экранда сапалы көрсетуге арналған оптикалық техника кешені.*

**КИНОКӨРСЕТІЛІМ** зат. өнер. *Киноның экрандағы толық көрсетілімі.*

**КИНОКӨРІНІС** зат. *Кинотеатрлардағы бір күндегі бірнеше мәрте көрсетілетін киноның бір қойылымы.*

**КИНОКӨШІРУ: кинокөшіру аппараты.** тех. *Фильмнің түпнұсқа негативінен оның киноүлдірдегі позитивті көшірмесін алуға арналған техникалық құрылғы.* **Кинокөшіру фабрикасы.** *Фильмнің түпнұсқа негативінен оның киноүлдірдегі позитивті көшірмесін алумен айналысатын өндіріс орны.*

**КИНОҚОЗҒАЛТҚЫШ** зат. тех. *Тұрақты кинокөрсеткіш аппараттарымен жабдықталмаған үймереттерде тарүлдірді кинофильмдерді көрсетуге арналған қозғалмалы, қол киноқұрылғысы.*

**КИНОҚОЙЫЛЫМ** зат. өнер. *Киножелісі бойынша фильм тудыру, киноны экранға шығару өнері.*

**КИНОҚОНДЫРҒЫ** зат. *Кино көрсететін аспап, құрал.*

**КИНОҚҰЖАТ** зат. *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр.*

**КИНОҚҰМАР** сын. *Кино көруді жақсы көретін, ермек ететін.*

**КИНОҚҰРАСТЫРУШЫ** зат. кино. *Негізгі мақсатты материалды алу үшін бастапқы видеоматериалды өңдеумен, тұтас құрылымға айналдырумен айналысатын кино маманы.*

**КИНОҚҰРЫЛҒЫ** зат. тех. *Кино көрсетуге арналған механикалық аппарат.*

**КИНОЛАНДЫР=** ет. *Киномен қамтамасыз ету.*

**КИНОЛАНДЫРУ** *Киноландыр етістігінің қимыл атауы.*

**КИНОЛЕКТОРИЙ** зат. ***Кинодәрісхана.***

**КИНОЛЕКЦИЯ** зат. ***Кинодәріс.***

**КИНОЛЕНТА** зат. ***Кинотаспа.***

**КИНОЛЕНТАДАЙ** сын. *Кинотаспадай, кинотаспа сияқты.*

**КИНОЛОГ** зат. *Ит өсіруші.*

**КИНОЛОГИЯ** [грек. kyon-um, logos – ілімі] зат. *Ит өсіру туралы ғылым.*

**КИНОМАТОГРАФИСТ** зат. ***Кинематографист.***

**КИНОМАТОГРАФИЯ** [грек. kinema – қозғалыс, grapho – жазамын] зат. ***Кинематография.***

**КИНОМӘНЗАРА** зат. кино. *Үздік кинотуындылары, кинематографтағы жаңалықтар туралы ақпарат беретін бағдарлама, хабарлама.*

**КИНОМЕХАНИК** зат. *Кино қоюшы, кинофильмдерді көрсетуші маман.*

**КИНОМУЗЫКА** зат. *Кино өнерінің құрамдас бөлігі, негізгі бейнелеу құралдарының бірі.*

**КИНОМҰРАҒАТ** зат. *Бұрынғы кинотуындыларды жинақтайтын, тізімдеп, сақтайтын арнайы мекеме немесе негізгі мекеме ішіндегі бөлімше.*

**КИНОНОВЕЛЛА** зат. *Кино оқиғасының қысқаша баяны.*

**КИНОНҰСҚА** зат. өнер. *Қандайда бір шығарма, туындының бейнефильм немесе деректі фильм түріндегі нұсқасы.*

**КИНООПЕРАТОР** зат. *Киноға түсіруші маман.*

**КИНООРТАЛЫҚ** зат. *Кинотуындыларды кеңформатты экранда жұртшылыққа көрсетуге арналған ойын-сауық орны.*

**КИНООЧЕРК** зат. *Өмір деректерінен құралған қысқаша киношығарма.*

**КИНООНДІРІС** зат. *Кино өндірумен, яғни кинофильмдер, кинофильмдерге қажетті арнайы эффектілер мен мультфильмдер жасаумен айналысатын өнеркәсіп түрі.*

**КИНОӨНЕР** зат. өнер. *Кинематографтың техникалық негізіне құрылған өнер түрі.*

**КИНОӨНІМ** зат. өнер. *Кинематографиялық туынды, кино өнерінің түрлі тасымалдауыштарға басылып таратылатын өнімі.*

**КИНОПЛЕНКА** зат. *Киноның кадрлары түсірілетін таспа.*

**КИНОПОВЕСТЬ** зат. *Киноға негіз болған повесть желісі.*

**КИНОПРОКАТ** зат. *Кинофильмдерді жалға беретін мекеме.*

**КИНОРЕЖИССЕР** зат. *Киноға түсіруді ұйымдастыратын, басқаратын маман.*

**КИНОРЕЖИССУРА** зат. *Белгілі бір көркем идеялық ойға құрылған кинофильмдер жасау өнері.*

**КИНОРЕПОРТАЖ** зат. *Шынайы оқиғалар мен тұлғалардың бейнекөріністерінен құралған репортаж.*

**КИНОРИНХА** [грек. kinorhyncha] зат. биол. *Теңіз түбіндегі құмда тіршілік ететін жұмыршүрттар типінің бір класы.*

**КИНОРОМАН** зат. *Киноға негіз болған роман.*

**КИНОРӨЛ** зат. өнер. *Кинотуындыдағы киноәртіс ойнаған, сомдаған кинокейіпкердің бейнесі.*

**КИНОСАХНААЯСЫ** зат. өнер. *Киноқойылымның белгілі бір сәтіндегі көркемдік, драматургиялық, т.б. қызмет арқалайтын маңызы бар әртістердің орналасу жайы, орын тәртібі.*

**КИНОСЕАНС** зат. *Кино көрсетілетін мерзім, уақыт.*

**КИНОСТУДИЯ** зат. *Көркем шығармашылық және өндірістік-техникалық қызметтерді ұштастыра отырып, кинофильмдерді шығаратын кәсіпорын.*

**КИНОСУРЕТШІ** зат. *Кинофильмдерді түсіруге қатысатын маман суретші.*

**КИНОСҮЙЕР** сын. *Киноны жақсы көретін, жоғары бағалайтын.*

**КИНОСЦЕНАРИЙ** зат. *Киноға түсірілетін уақиғаның жазылған желісі, көркем фильм түсірілетін әдеби-драмалық шығарма.*

**КИНОСЦЕНАРИСТ** зат. *Киносценарий авторы.*

**КИНОСЫНАҚ** зат. өнер. *Белгілі бір кинофильмдегі рөлдерді ойнауға лайықты әртістерді таңдау үдерісі.*

**КИНОТАНУ** зат. *Кино өнерін, оның ерекшеліктерін, түрлері мен жанрларын зерттейтін ғылым саласы.*

**КИНОТАНУШЫ** зат. ғыл. *Кино өнері, кинематографтың теориясы, тарихы, әлеуметтанушылық аспектісі саласындағы маман.*

**КИНОТАНЫМ** зат. өнер. <ағыл. film studies>. *Кинематограф, кино өнерінің теориясы, тарихы, әлеуметтанушылық аспектісі туралы ғылым.*

**КИНОТАСПА** зат. *Кино кадрлары түсірілген таспа.*

**КИНОТЕАТР** зат. *Кино көрсетуге арналған ғимарат.*

**КИНОТЕЛЕСКОП** зат. *Кино өнеріндегі оптикалық құрал.*

**КИНОТЕХНИКА** зат. тех. *Кинолық аспап.*

**КИНОТОП** зат. *Бір фильм аясындағы кейіпкерлердің рөлінде ойнайтын әртістер мен сол киноны жасайтын барлық мамандар.*

**КИНОТРИЛОГИЯ** зат. *Үш бөлімнен құралған фильм.*

**КИНОТУЫНДЫ** зат. өнер. *Кинематографтың, кино өнерінің туындысы.*

**КИНОТҮСІРГІШ: кинотүсіргіш оптика.** тех. *Қозғалыстағы көріністі киноүлдірге сапалы түсіруге арналған оптикалық техника кешені.*

**КИНОТҮСІРУ: кинотүсіру құралы.** тех. *Қозғалыстағы көріністі киноүлдірге жазуға арналған құрылғы.*

**КИНОТҮСІРІЛІМ** зат. өнер. *Кинотаспада немесе сандық тасымалдағышта кинематографиялық көріністі түсірудің, жасаудың күрделі үдерісі.*

**КИНОТҮСІРІМ** зат. сөйл. ***Кинотүсірілім.***

**КИНОҮЛДІР** зат. тех. *Қозғалыстағы кескін мен дыбысты жазуға арналған екі шетінен бірдей қашықтықпен үзік-үзік тесіктері бар жұқа, майысқақ мөлдір заттан жасалған таспа.*

**КИНОФЕСТИВАЛЬ** зат. *Кино өнері туындыларының байқауы.*

**КИНОФИЛЬМ** зат. *Бетінде кескін түсірілген, дыбыс жазылған фонограммасы бар, фотографиялық жолмен өңделген киноүлдір.*

**КИНОФИРМА** зат. *Кино шығарумен айналысатын фирма, студия.*

**КИНОФОТОФОНОҚҰЖАТ** зат. *Киноқұжат, сурет құжат, фоноқұжат ұғымдарынан жинақталған атау.*

**КИНОФРАГМЕНТ** зат. *Кино үзіндісі.*

**КИНОХИКАЯТ** зат. *Бір ғана оқиғаға ғана құрылып қоймай, бірнеше тізбекті оқиғаға құрылған, сюжеті жағынан күрделі туынды.*

**КИНОХРОНИКА** зат. ***Киношежіре*** *(күнделікті өмірді көрсететін қысқа таспалы кино).*

**КИНОШЕБЕРХАНА** зат. *Кинотуындыны дайындаудың бастан-аяғына дейінгі барлық үдерістері жүзеге асырылатын орын, мекеме.*

**КИНОШЕЖІРЕ** зат. *Күнделікті өмірдің өзекті мәселелерін баяндайтын жедел кинохабар.*

**КИНОШЫ** зат. сөйл. *Кино қоюшы.*

**КИНОШЫЛ** сын. *Киноқұмар, кинокөргіш. //Киноқұмар, кинокөргіш адам.*

**КИНОЭКРАН** зат. *Бейнетаспалардан, киноүлдірден қозғалыстағы кескінді проекциялауға, киноны көрсетуге арналған жазық бет.*

**КИНОЭПОПЕЯ** зат. *Төрт бөлімнен құралған фильм.*

**КИОСК** [франц. kiosque] зат. ***Дүңгіршек*** *(газет, журнал, кітап және т.б. ұсақ сауда жүргізілетін шағын дүкен, дүңгіршек).*

**КИОСКЕР** зат. *Дүңгіршектегі газет-журнал сатушы.*

**КИПАРИС** [грек. kyparissos] зат. өс. *Жылы жерлерде өсетін, мәңгі жасыл шырша ағашы.*

**Кипарис тұқымдасы.** ботан. *Қылқан жапырақтылар класының бір тобы.*

**КИПАРИСТЕЙ** сын. *Кипарис сияқты, кипарис тәрізді.*

**КИПРЕГЕЛЬ** [нем. Kippregel] зат. геол. *Геодезиялық бұрышөлшеуіш аспап.*

**КИПСЕК** зат. *Сәнмен көркемделген кітап, альбом.*

**КИР** зат. кен. *Жер бетіне сыздықтай көтеріліп, субаэральдық жағдайда (ауа қабатымен беттесу жағдайында) өзіндік өзгерістерге ұшыраған аз шайырлы метанды-нафтенді мұнайлар есебінен қалыптасқан таушайырлар түрі.*

**КИРАЛДЫҚ: киралдық тазалық.** биол. *Өзінің айнадағы бейнесімен сәйкес келмейтін нысандар.*

**КИРАМЕН: Кирамен катибин.** діни. *Адамның екі иығындағы періштелер.*

**КИРАЯТХАНА**зат. ескі кіт. ***Қырағатхана.***

**КИРГИЗ** зат. *Орыс, еуропа зерттеушілері мен билік өкілдері жазбаларындағы XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі қазақтардың аталуы.*

**КИРЕЛЕҢ** сын. елік. *Қисалаң, қиралаң еткен қозғалысты бейнелейтін сөз. // Әлі кеткен, әлжуаз.*

**Кирелең етті.** *Қиралаңдады, қисалаңдады.*

**КИРЕЛЕҢДЕ=** ет. *Қиралаңдау, қисалаңдау.*

**КИРЕЛЕҢДЕТ =** ет. *Қиралаңдату, қисалаңдату.*

**КИРЕЛЕҢДЕТУ** *Кирелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КИРЕЛЕҢДЕУ** *Кирелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КИРЕЛЕҢ-КИРЕЛЕҢ** елік. *Қиралаң-қиралаң, қисалаң-қисалаң еткен, қиқалаңдаған жай жүрісті бейнелеу үшін қолданылатын сөз.*

**Кирелең-кирелең етті.** *Қайта-қайта қиралаңдады, қисалаңдады.*

**КИРЕҢ**[1] зат. вет. ***Шойырылма*** *(жылқының бел омыртқасы ауырғанда, киреңдеп жүре алмай, шойырылып қалуы).*

**КИРЕҢ**[2] елік. *Шойнаң, шойырылған жүрістің қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**КИРЕҢДЕ=** ет. *Қисаңдау, қиқалаңдау.*

**КИРЕҢДЕТ=** ет. *Қисаңдату, қиқалаңдату.*

**КИРЕҢДЕТУ** *Киреңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КИРЕҢДЕУ** *Киреңде етістігінің қимыл атауы.*

**КИРЖАК** зат. сөйл. ***Кержақ.***

**КИРЗА** [нем. Kixrsei] зат. сөйл. ***Керзі*** *(мақта-қағаздан көп қабатты етіп, тығыздап, иірілген жіптен жасалған, тері орнына жүретін берік бұйым).*

**Кирза етік.** сөйл. ***Керзі етік*** *(қонышы кирзадан жасалған етік).*

**КИРИЛ: кирил жазуы.** лингв. *Кириллица, орыс әріптері, орфографиясы мен әліпбиі.*

**КИРИЛЛИЦА** зат. *Грек жазуының негізінде жасалған, славян әліпбиінің алғашқы екі түрінің бірі.*

**КИРКА** [нем. Kirche] зат. ***Киркі.***

**КИРКІ** зат. *Жер қазу, тау-кен жұмыстарында пайдаланатын бір басы ұшкірленген, екінші басы жалпақтау жүзді құрал.*

**КИСАР** зат. малшар. ***Ғиссар.***

**КИСЕЛЬ** зат. тамақ. *Жеміс-жидек шырынын, тағы басқаларын крахмал қосып қайнату арқылы даярлайтын словян дастарқан мәзіріндегі қоймалжың сусын.*

**КИСЕТ** зат. *Темекі салатын қалташа, дорбашық.*

**КИСТА** [грек. kistis] зат. мед. *Әртүрлі патологиялық процестің салдарынан тіндер мен мүшелерде пайда болатын іші сұйыққа толы қуыс, қатерсіз ісіктің бір түрі, өскін.*

**КИСТЬ** ор. зат. ***Қылауыш, қылсап*** *(кішкене буда қылға ағаштан жіңішке сап жасап, бір затты бояуға, желім жағуға т.б. қолданатын құрал, бояғыш).*

**КИТ**[1] [грек. ketos] зат. зоол. *Теңіз бен мұхиттарда тіршілік ететін ірі сүтқоректі жануар, нәһан.*

**КИТ**[2] зат. әдеб. *Таяу және Солтүстік Шығыс халықтар поэзиясының дара ұйқасты жанрлық формасы.*

**КИТЕЛЬ** [нем. Kittel] зат. *Тік жағалы әскери киім және соның үлгісімен тігілген пиджак.*

**КИТЕЛЬДІ** сын. *Китель киген, кителі бар.*

**КИТЕЛЬШЕҢ** сын. *Китель киген күйде, жалаң кительмен.*

**КИТНАМА** зат. миф. *Ертегілерде кездесетін керемет кесе.*

**КИТТӘЙ** сын. жерг. *Өте кішкентай, титтей.*

**КИТТЕЙ** сын. *Кит сияқты, үлкен.*

**КИТЧ** [нем. Kitsch] зат. *Бұқаралық мәдениет саласында, оның ішінде масс-медиада эстетикалық объекті қалыптастыру үрдісі.*

**КИТІЛ** зат. сөйл. ***Китель.***

**КИТІМДЕЙ** сын. жерг. *Кіп-кішкене, титтей.*

**КИТІҢ**[1] зат. **1.** *Кібіртік, мардымсыз, берекесіз жүріс.* **2.** ауыс. *Мардымсыздық, бірқалыптылық.*

**КИТІҢ**[2] елік. *Кібіртіктеген, ебедейсіз қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Китіңге басты**. *Китіңдеді, китің-китің етті.*

**КИТІҢДЕ=** ет. *Китің-китің еткен мардымсыз жүріске салу.*

**КИТІҢДЕТ=** ет. **1.** *Китің-китің еткізіп, мардымсыз жүріске салу.* **2.** ауыс. *Асықпай, ақырын сөйлеу.*

**КИТІҢДЕУ** *Китіңде етістігінің қимыл атауы.*

**КИТІҢ-КИТІҢ** елік. *Кібіртіктеген, ебедейсіз, ретсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Китің-китің етті.** *Китіңдеді, ретсіз қимылдады.*

**КИФАРА** [грек. kithara] зат. *Көне гректің ішекті, шертпелі көне музыкалық аспабы.*

**КИХМАТ** зат. ескікіт. ***Хикмет.***

**КИЧ**зат. көркемөнер. жаңа. *Талғамсыздықпен орындалған көркемдік деңгейі барынша төмен, арзанқол бұйым.*

**КИ=** ет. *Килігу, киіп-жару.*

**Киіп кетті.** *Бір бүйірден тиісті, килікті, сөзін бөлді, қосылды.* **Кие жөнелді.** *Сөзін бөлді, килікті, киіп-жарды.*

**КИІЗ** зат. этн. **1.** *Қойдың күзем жүнінен тығыз етіп басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым.* **2.** *Малдың жүнінен қалың, тығыз етіп басылған төсеніш.* **3.** ауыс. *Көктемге салым былжырап еріген қар.*

**Киіз байпақ.** этн. *Етіктің ішінен киетін киізден жасалған байпақ.* **Киіз басты.** этн. *Киіз жасады, дайындады; қой жүнінен дайындап, әртүрлі ою-өрнек салынып ыстық суға пісіріліп, тапталып жасалатын төсенішті білектеді.* **Киіз басу**. этн. а) *Сабалған, шабақталған, біркелкі етіліп тартылған, бетіне ши салынған жүнге ыстық суды себелеп құя отырып, қатар отырған үш-төрт әйел шынтақтап жинап, білегімен ұрып, басып отырып жасайтын дәстүрлі қазақ қоғамындағы киіз жасау өнері.* ә) *Киізді білектеу, білекпен басу.* **Киіз басылды.** *Киіз басу ісі аяқталды.* **Киіз басысты.** *Киіз басуға көмектесті.* **Киіз бөрік**. этн. *Киізден жасалған баскиім.* **Киіз білектеді.** этн. *Киізді білекпен басты, киіз дайындады.* **Киіз жабу**. этн. *Киізден жасалған жабу.* **Киіз жабын.** этн. *Киізден жасалған жабын.* **Киіз жеңсе.** этн. *Жеңсенің киізден жасалған түрі.* **Киіз есік**. этн. *Сықырлауықты сыртынан жауып тұратын, ортасы ши, астары жарғақ теріден істеліп, пісірілген ақ киізден жасалған есік.* **Киіз етік**. этн. *Киізді қалыпқа салып, тігістеріне былғарыдан сыздық салынып, кусырыла тігілген етік.* **Киіз кебіс**. этн. *Киізден дайындалған кебіс.* **Киіз кепе**. этн. *Киізбен жабылған үйшік.* **Киіз көпшік**. этн. *Киіз жастықша.* **Киіз күйдіріп басты.** *Жарақаттанған жерден қанның ағуын тоқтату мақсатымен киізді күйдіріп, жараның аузына салды.* **Киіз күйдіріп басу.** этн. *Жарақатқа қан тоқтату үшін киізді қыздырып басатын халықтық ем.* **Киіз кілем**. этн. *Ою-өрнек салынып, киізден жасалған кілем.* **Киіз кімдікі болса, білек сонікі.** *Ұжымдасып атқарған шаруада әркім өз дүниесі үшін жанын салады, күшін аямайды.* **Киіз қалпақ**. этн. *Киізден жасалған қалпақ. // Киіз қалпақ киген адам.* **Киіз қоя.** *Жебесі бір тұтам, жуандығы бас бармақтай етіп таза киізден жұмырлап тігіп жасалған қоя.* **Киіз пісіру**. этн. *Киізді ыстық су құйып, ширатып ныгайту.* **Киіз салығы.** тар. *Киізге салынатын салық.* **Киіз сөмке.** *Киізден жасалған дорба.* **Киіз сырмақ.** этн. *Киізден дайындалған (сырылған) төсеніш.* **Киіз табан.** *Киізден жасалған жылы, жұмсақ табан.* **Киіз тебу.** этн. *Киізді тығыздау үшін жүнді ораған шиді аунатып теуіп басу.* **Киіз туырлық.** этн. *Киізден жасалған туырлық.* **Киіз тығын**. *Киізден жасалған тығын.* **Киіз ұйық.** этн. *Киізден жасалған ұйық, шұлық.* **Киіз ұлтарақ.** *Киізден жасалған ұлтарақ.* **Киіз ұлтарақты.** *Киізден жасалған ұлтарағы бар, киіз ұлтарақ салынған.* **Киіз үй.** этн. *Сүйегі шаңырақ, уық, керегеден; жабыны түндік, үзік, туырлықтан; бау-шуы басқұр, құр, таңғыш, шалма, баудан тұратын, шаңыраққа айнала уық қадалып, кереге басына байлана дөңгелентіп тігілетін жиналмалы үй; қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі баспанасы, киізден жасалған үйлердің жалпы атауы.* **Киіз үй сүйегі.** этн. *Киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтан тұратын негізгі қаңқасы.* **Киіз үйдің сыртқы әбзелдері.** этн. *Күн сәулесін түсіру және су өткізбеу, жылу сақтау және т.б. қызметтер атқаратын әбзел – туырлық, үздік, түндік, киіз есік т.б. жалпылама атауы.* **Киіз шұлық.** *Киізден кесіп тіккен шұлық.* **Киіз ілмес.** *Қараңғы түскен кез.*

**КИІЗДЕЙ** сын. *Киіз сияқты, киіз тәрізді.*

**Киіздей [жабағыдай] ұйысқан.** *Өте тығыз, жиі.*

**КИІЗДЕН=** ет. *Киіз сияқтану, ұйысу, тұтасу.*

**КИІЗДЕНУ** *Киізден етістігінің қимыл атауы.*

**КИІЗКИІК** зат. өс. *Шөптің бір түрі.*

**КИІЗ-КІЛЕМ** зат. *Киіз, кілем сияқты төсеніштер.*

**КИІЗКІТАП** зат. экспр. кекесін. *Ойдан шығарылған, қисыны жоқ кітап [XVIII-XIX ғасырлардағы көнекөз қариялардың айтуынша, ислам діні енгенге дейінгі қазақ халқының дәстүрі, заңы, әдет-ғұрпы, жора-жоралғысы, тарихы жазылған, сырты киізбен қапталған кітап].*

**КИІЗҚАП** зат. этн. *Киізден жасалған қап.*

**КИІЗҚАПТЫ** сын. этн. *Киізден жасалған қабы бар, киізқаппен қапталған.*

**КИІЗҚОТЫР** зат. *Тұтасып кеткен қалың қотыр.*

**КИІЗҚҰРТ** зат. вет. *Жылқы малында болатын ауру, өлі тиюдің бір түрі.*

**КИІЗ-ТЕКЕМЕТ** зат. этн. *Киіз, текемет сияқты төсеніштер.*

**КИІЗШЕ** үст. *Киіз сияқты, киізге ұқсап.*

**КИІЗШІ** зат. этн. *Киіз басушы.*

**КИІК**[1] зат. **1.** *Ешкіге ұқсас, жабайы ашатұяқты түз жануары.* **2.** зоол. <лат. saiga tatarica> *Жұптұяқты, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жануарлардың жиынтық атауы.*

**Киік емшек.** *Сүтті емшек.* **Киік желін**. *Тез иігіш, бойындағы сүтін иіп бергіш.* **Киік кеней**. этн. *Киіктің асығы.* **Киік мүйізді**. *Мүйізі

*киіктің мүйізіндей.* **Киік сирақ**. этн. *Сабы киіктің сирағынан жасалған (қамшы).* **Киіктің белбасары.** этн. жерг. *Киіктің мойын жұары* **Киіктің бықсымасы** этн. жерг. *Киіктің мойын жұары.* **Киіктің [еліктің] асығындай**. а) *Адамды өзіне тартатын, сүйкімді.* ә) *Ықшам денелі, жинақы.* **Киіктің лағындай.** *Сүйкімді, сұлу; нәзік, талдырмаш.* **Киіктің матауы.** этн. *Қазан айының бас кезінде киік, ақбөкен, қарақұйрық текелерінің үйірге түсер шағында күн суытып, қар аралас жаңбыр жауатын кез, амал.* **Киіктің мойынжұары.** этн. *Халықтық күнтізбе бойынша киіктер үйірге түсіп болған соң текелері «жуынып, тазаланатын» (әйтпесе көзі көрмей өледі екен) кезге сәйкес келетін желтоқсанның он төрт мен қаңтар арасындағы амал [осы кезде жел тұрып, қар түспесе, текелер қырылып қалады дейді].* **Киіктің шүкейтіндей.** *Өте кішкентай, титтей.*

**КИІК**[2]: **киік тарату.** этн. *Адамның тірісінде киген киімін, әсіресе, жағалы, қымбат киімін жерлеу аяқталған соң, кей жағдайда, жетісін атқарған соң рубасылары мен өздерінің ішінде үлкен құрметке бөленген адамдарға, жерлеу кезінде атқарған ісіне қарай молдалар, сүйекшілер мен жақындарына марқұмның «көзі» ретінде тарату арқылы атқарылатын өлік жөнелту кезіндегі жосындардың бірі.*

**КИІКЖҮН** зат. өс. *Биік таулардың басына шығатын арқар сүйсініп жейтін биік емес, тырбық шөп.*

**КИІКОТЫ** зат. өс. <лат. ziziphora> **1.** *Тауда өсетін хош иісті шөп.* **2.** ботан. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік немесе шала бұта.*

**КИІКТЕЙ** сын. *Киік сияқты, киік тәрізді.*

**КИІКТЕУ** сын. *Кісіге үйір емес, оқшау.*

**КИІКШЕ** үст. *Киік сияқты, киікке ұқсап.*

**КИІКШӨП** зат. өс. сөйл. <лат. polgonum corrigioloides> ***Киікжүн.***

**КИІКШІ** зат. *Киік аулаушы.*

**КИІЛ=** ет. **1.** *Кигізілу, сұғынылу.* **2.** *Іліну, ілгешектену.*

**КИІЛУ** *Киіл етістігінің қимыл атауы.*

**КИІМ** зат. *Адам денесіне киюге арналып тігілген бұйым, жасанды жамылғы түрлері, баскиім, аяққиім, ішкиім, сырт киімдердің жалпы атауы.*

**Киім булау.** *Киім тазартудың бір тәсілі.* **Киім киіс.** *Киім кию сәні.* **Киімнің ішкі бауындай**. сөйл. ***Тонның ішкі бауындай*** *(жақын, ымы-жымы бір).* **Киім сай, тамақ дайын.** *Жағдай жақсы, көңіл тоқ.* **Киімі көк.** *Киімі жақсы, мұздай киінген.* **Киімі шет.** *Ерекше киінген, ешкімге ұқсамайтын.*

**КИІМДЕЙ** сын. *Киім сияқты, киім тәрізді.*

**КИІМДІ** сын. *Киімі бар, киім киген, киінген. // Киім киген, киінген, киімі бар адам.*

**КИІМДІК**[1] зат. этн. *Бір киім тігуге жететін мата көлемінің халық өлшемдегі атауы; ағайын-туысты аралап, қыдырыстап жүрген қариялардың әсіресе, апа-әжелердің арасында алыс-беріс, сый түрінде жүретін кәденің түрі.*

**КИІМДІК**[2] сын. *Киім боларлық, киімге жарайтын.*

**КИІМ-КЕШЕК** зат. *Әртүрлі киім.*

**Киім-кешек пен аяққиімді залалсыздандыру алаңы.** әск. *Зақымдану ошағының шекарасынан тысқары жерге орналасқан алаң.*

**КИІМ-САЛЫМ** зат. **1.** *Киім киіс.* **2.** *Киім-кешек.*

**КИІМСЫМАҚ** зат. *Киімге ұқсаған, киім секілді киім-кешек.*

**КИІМСІЗ** сын. **1.** *Киімі жоқ, киім кимеген.* **2.** *Жөні түзу киімі жоқ, үсті-басы алба-жұлба, азып-тозған. // Жөнді киімі жоқ адам, халі мүшкіл бейшара.*

**КИІМШЕҢ**[1] зат. этн. *Бірнеше киіз үйді тіркестіре тігіп, монша жасаған кезде шешінетін және киімін қалдыратын ауыз үйдің атауы.*

**Киімшең бала** этн. *Әмеңгерлік салты бойынша, күйеуі өлген жесір әйел бір жыл өткен соң қайнысына немесе қайын ағаларының біріне тимей, сыртқа бөтен біреуге кеткен жағдайда шешесімен бірге кеткен бала [ортамызда тумаған, яғни иткөйлегі басқа деген мағынаны білдіреді, алайда ол бала ержеткен соң, басқа балалардай еншіге құқылы болады.].*

**КИІМШЕҢ**[2] зат. көне. *Моншадағы киім шешетін бөлме.*

**КИІМШЕҢ**[3] сын. этн. *Өгей, әйеліне еріп келген.*

**КИІМШЕҢ**[4] үст. **1.** *Киім киген күйінде, киімімен, киімін шешінбей.* **2.** ауыс. *Дайын қалпында, білімді күйінде.*

**КИІМ-ШҮБЕРЕК** зат. *Киім-кешек, киім-салым.*

**КИІМІЛГІШ** зат. *Киім-кешек ілуге арналған ілмешегі бар таған (сөре, сәкі).*

**КИІН =** ет. **1.** *Киім кию, жамылу.* **2.** *Киімін жаңарту, жақсы киімін кию, әдемілену.* **3.** *Жасану, сайлану.*

**КИІНДІР=** ет. **1.** *Киім кигізу.* **2.** *Киімін ауыстыру, жаңа, жақсы киіммен жасандыру.* **3.** ауыс. *Малындыру, орандыру.*

**КИІНДІРУ** *Киіндір етістігінің қимыл атауы.*

**КИІНДІРІЛ=** ет. **1.** *Киім кигізілу.* **2.** *Жаңа киім кигізілу, жасандырылу.*

**КИІНДІРІЛУ** *Киіндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КИІНУ** *Киін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Киім кию.* **2.** *Жасану, сәндену, малыну.*

**КИІНІП-КИІНІП=** ет. *Түгел киіну, бар киімін киіну.*

**КИІНІП-ШЕШІН=** ет. *Киімді ауыстыру.*

**КИІНІП-ШЕШІНУ** *Киініп-шешін етістігінің қимыл атауы.*

**КИІНІС** зат. *Киім кию үлгісі, мәнері.*

**КИІНІС=** ет. *Киімдерін киісу.*

**КИІНІСУ** *Киініс етістігінің қимыл атауы.*

**КИІҢКІ** сын. *Киіп кеткіш, кимелегіш.*

**КИІҢКІРЕ=** ет. *Кимелеу, омыраулаңқырау.*

**КИІП-ЖАР=** ет. **1.** *Күшке салып, омыраулай алға ұмтылу.* **2.** ауыс. *Сөзді бөлу, кимелеу.*

**КИІП-ЖОЙ=** ет. *Омыраулап жайпау.*

**КИІП-ШЕШ=** ет. *Киімді сұғыну, қайта шешу.*

**КИІП-ШЕШУ** *Киіп-шеш етістігінің қимыл атауы.*

**КИІП-ІШ=** ет. *Өмір сүру, тіршілік ету.*

**КИІП-ІШУ** *Киіп-іш етістігінің қимыл атауы.*

**КИІС** зат. *Киімнің тозымдылығы, шыдамдылығы.*

**КИІС=** ет. **1.** *Бірге киіну, қатар киіну.* **2.** *Жасанысу, әдемі киім кию.*

**КИІСУ** *Киіс етістігінің қимыл атауы.*

**КИІТ** зат. этн. *Құда-құдағиларға төрт түлік мал, алтын, күміс, киім түрінде берілетін кәде.*

**Киіт берді.** этн. *Құдаларына мал, ақша, алтын, киім түрінде сый-сияпат жасады, кигізді.* **Киіт кигізу.** этн. *Құдалықтың негізгі белгілерінің бірі – киітті беру.* **Киіт киді**. этн. а) *Қыздың қалыңмалын әкелген құдалардан сый-сияпат алды.* ә) *Жаңа құдандалы болған қарсы жақтан сый-сияпат (мал, киім, алтын түрінде) алды.*

**КИІТ-СИІТ** зат. сөйл. *Құда-құдағиларға берілетін кәде-жоралғылар.*

**КИІТТІК** зат. *Киітке берілетін зат, киім-кешек.*

**КИЮ** *Ки етістігінің қимыл атауы.*

**КЛАВЕСИН** [франц. clavecin] зат. муз. *Клавишалы-шертпелі ішекті музыкалық аспап.*

**КЛАВИАТУРА** [нем. Klaviatur] зат. муз. *Клавиштік музыкалық аспаптардың және әртүрлі механизмдер (жазатын, теруші мәшинелер және т. б.) клавиштерінің жиынтығы.*

**КЛАВИР** [нем. Klavier] зат. муз. **1.** *Клавишалы-ішекті музыкалық аспаптардың (клавиакорд, клавесин, фортепьяно) жалпы атауы.* **2.** *Вокальді-симфониялық шығармалардың (опера, оратория, кантанта т.б.) партитураларын фортепьяно мен дауысқа немесе тек фортепьяноға, балет партитураларын фортепьяноға түсіру.*

**КЛАВИШ** [лат. clavis] зат. муз. *Дыбыс шығару үшін саусақпен басуға арналған, рояль және басқа музыкалық аспаптардағы пластинка, тіл.*

**КЛАВИШАЛЫ** сын. ***Клавишті.***

**Клавишалы есептеу мәшинесі**. инф. *Әрбір операцияға керекті бастапқы деректер мен бағдарламалар клавиатурадан қолмен теру арқылы іске асырылатын есептеу мәшинесі.*

**КЛАВИШТІ** сын. *Клавиші бар, клавиш орнатылған.*

**КЛАЙЗЕН: клайзен құтысы.** *Вакуумнің әсерін пайдаланып, сұйық заттар айдауға арналған құты.*

**КЛАН** [ағыл. clan] зат. саяси. *Әдетте туыстық, іскери т.б. жақындықтар бойынша біріккен, өздерін таңдаулы әрі мықты санайтын адамдардың тұйықталған тобы.*

**КЛАПАН** [нем. Klappe] зат. тех. *Мәшинелер мен құбырларда газдың, будың немесе сұйық заттың өтетін тесігінің кеңдігін өзгерту арқылы оның ағынын реттеп тұратын бөлшек немесе тетік.*

**КЛАРЕН** [лат. clarus] зат. кен. *Қазба көмірлердің жартылай жылтыр құрамдас бөлігі.*

**КЛАРНЕТ** [франц. clarinette] зат. муз. *Клапандары бар цилиндрлі түтіктен тұратын көп тілді үрмелі музыкалық аспап.*

**КЛАСАРАЛЫҚ** сын. ***Сыныпаралық.***

**КЛАСКОМ** зат. сов. *«Класс комитеті» деген сөздерден қысқарған, сынып басқарушы деген мағынада.*

**КЛАСКОМДЫҚ** сын. сов. *Сынып басшығы, староста.*

**КЛАСС** [лат. classis] зат. **1.** пед. *Әрбір оқу жылында берілетін білім мөлшері, дәрежесі, сынып.* **2.** *Кабинет (мектепте балалар сабақ оқитын арнайы бөлме).* **3.** *Сапасына қарай жіктелген түр, сұрып.* **4.** биол. *Жүйеленім, жануарлар мен өсімдіктердің жүйеленіміндегі ең ірі таксономиялық категорияның бірі.* **5.** филос. *Тұтас деп есептелетін кейбір белгілері бойынша бөлінетін заттардың шекті немесе шексіз жиынтығы.*

**КЛАССИК** [лат. classicus] зат. *Ғылымның, философияның, әдебиеттің, өнердің және т. б. жұрт таныған, үлгілі, ең көрнекті қайраткері.*

**КЛАССИКА** [лат. classicus] зат. өнер. *Әлемдік әдебиетте ең үздік болып саналатын жазушылардың әдеби мұрасы, классикалық шығармалардың жиынтығы.*

**КЛАССИКАЛЫҚ** сын. *Классикаға тән, классикаға қатысты.*

**Классикалық әдебиет**. әдеб. *Үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы, қай заман үшін де идеялық, көркемдік мәні үлгілі, аса бағалы әдебиет.* **Классикалық би.** өнер. *Би өнеріндегі канонға айналған көркемдік тәсілдер жүйесі.* **Классикалық білім.** пед. *Басты пәндер ретінде ежелгі тілдер мен математиканың жүйелі түрде оқытылуын көздейтін жалпы орта білім.* **Классикалық ертегілер.** фольк. *Әлем халықтары арасында кеңінен тараған, сюжеті мен кейіпкерлері көп халықтар ертегісінде ортақ, танымал хайуанаттар жайлы ертегінің бір тобы.* **Классикалық күрес.** спорт. *Күрестің белден төмен ұстауға, аяқпен айла-тәсіл қолдануға болмайтын түрі.* **Классикалық механика**. физ. *Негізіне Ньютон заңдары жататын және жарық жылдамдығымен салыстырғанда аз жылдамдықпен қозғалатын макроскопиялық денелердің қозғалысын қарастыратын механика.* **Классикалық осциллятор**. физ. *Тұрақты тепе-теңдіктің маңайында тербеліс жасайтын механикалық жүйе.* **Классикалық өнер.** а) *Ежелгі дәуір өнері.* ә) *Әртүрлі елдердің мәдени гүлдену кезеңдеріндегі мұралары.* **Классикалық статистика**. физ. *Классикалық физика заңдарына бағынатын көп*

*бөлшектер жүйесін зерттейтін статистикалық механика бөлімі.*

**КЛАССИКТІК** с ы н. ***Классикалық.***

**КЛАССИФИКАТОР** [лат. classis – разряд, facere – жасау] з а т. **1.** т е х. *Өнімді өзіндік ерекшеліктеріне қарай сұрыптау үшін қолданылатын құрал.* **2.** *Әрқайсысына белгілі бір жеке шифр, код тағайындалған нысандардың, өнімнің, тауарлардың жүйеленген тізімдемесі.*

**КЛАССИФИКАТОРШЫ** з а т. ***Таптастырушы*** *(классификация жасайтын адам).*

**КЛАССИФИКАЦИЯ** [лат. classis – разряд, facere – жасау] з а т. ***Таптастырылым*** *(табиғи байланыстарын ескере отырып, жалпы белгілерінің негізінде топтарға бөлінген іштей тәуелді ұғымдардың логикалық жүйесі).*

**КЛАССИФИКАЦИЯЛА=** е т. ***Таптастыру.***

**КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ** *Классификациялa етістігінің қимыл атауы.*

**КЛАССИЦИЗМ** [нем. Klassizismus] з а т. т а р. *Батыс Европада 17–18 ғасырлардағы өнер мен әдебиеттегі классикалық (ежелгі грек және ежелгі Рим) өнерді үлгі етіп алған бағыт.*

**КЛАСТАС** с ы н. ***Сыныптас*** *(бір сыныпта оқитын). //Бір сыныпта оқитын бала.*

**КЛАСТАУШЫ** с ы н. ***Таптастырушы.***

**КЛАСТЕР**[1] з а т. и н ф. **1.** *Диск кеңістігін бөлу кезіндегі оған жазылатын ең кіші көлемдегі мәліметтер бірлігі.* **2.** *Компьютер желілерінде – жоғары жылдамдықты байланыс арналарымен жалғасқан бірнеше компьютерден құралған жүйе.* **3.** *Ортақ контроллері (жалғастыру құрылғысы) бар бірнеше құрылғылар тобы.* **4.** *Бірнеше секторлардан тұратын файлдарды жазуға пайдаланылатын магниттік дискідегі жад бірлігі.* **5.** *Дискідегі секторлар тобы.*

**Кластер контроллер.** и н ф. *3270 терминал тобы мен мэйнфрейм арасына орналастырылатын, IBM компаниясы жасаған немесе онымен үйлесімді құрылғы.*

**КЛАСТЕР**[2] [ағыл. cluster] з а т. **1.** к і т. *Белгілі бір қасиеттері бар жеке дара бірлік ретінде қарастырыла алатын бірнеше біртекті элементтердің бірлестігі.* **2.** э к о н. *Ұқсас заттар мен құбылыстардың арасынан ортақ белгілері бойынша ерекшеленетін нысандар тобы.*

**КЛАСТЕРЛЕ =** е т. *Ұқсас белгілері бойынша жинақтау.*

**КЛАСТЕРЛЕУ** *Кластерле етістігінің қимыл атауы.*

**КЛАСТЕРЛІК** с ы н. *Кластерге тән, кластерге қатысты.*

**Кластерлік көбейткіш.** и н ф. <ағыл. cluster factot> *Жадтағы жазбалардың физикалық тізбегі осы индекспен анықталатын жазбалардың логикалық тізбегіне жуық болатындай етіп индекстелетін жазбалардың физикалық орналастырылуын басқаруға пайдаланылатын индекс.* **Кластерлік талдау.** м а т е м. *Көпөлшемді талдаудың математикалық процедурасы.*

**КЛАСТЫ** с ы н. *Сұрыпты, сұрыпқа тән.*

**КЛАСТЫҚ** с ы н. **1.** п е д. ***Сыныптық*** *(әрбір оқу жылында берілетін білім мөлшері нақтыланған).* **2.** *Сапасына қарай жіктелген, сұрыпты.*

**Кластық құрылым.** г е о л. *Сынықты шөгінді таужыныстар құрылымының жалпылама аты.*

**КЛАСТЫЛЫҚ** з а т. *Сапасына қарай жіктеушілік; тұқым асылдығының белгісі.*

**КЛАУЗУЛА** [лат. clausula] з а т. **1.** ә д е б. *Екпінді тілдердегі соңғы буыны басыңқы және одан кейінгі буындары басыңқы емес болып келетін буын тобы, қосымша.* **2.** з а ң. *Халықаралық шарттағы не келісімдегі ерекше ереже.* **3.** з а ң. *Заң жиынтығы, бап, жағдай, заң статьялары, келісімі, шарт, өсиет.*

**КЛЕЁНКА** з а т. ***Асжаулық*** *(су өткізбейтін заттар қосып жасалған мата тәрізді нәрседен дайындалатын дастарқан жапқыш).*

**КЛЕЙМС** [ағыл. claims] з а т. қ ұ қ ы қ. *Жеткізілген тауар сапасының жеткілікті дәрежеде жоғары болмауына және жай-күйінің қанағаттанғысыз болуына байланысты сатушыға қойылатын кінәрат-талап.*

**КЛЕЙСТЕР** [нем. Kleister] з а т. *Крахмалдан немесе ұннан жасалған желім.*

**КЛЕЙСТОГАМИЯ** [грек. kleistos – жабық, gamos – неке] з а т. б о т а н. *Ашылмаған гүлдердің өздігінен тозаңдануы.*

**КЛЕММА** [нем. Klemme] з а т. т е х. *Электр сымдарын бекіту үшін қолданылатын қысқыш.*

**КЛЕПТОКРАТИЯ** з а т. *Қоғам билеушілері мен басшылары қатарынан өз қызмет бабын пайдаланып, мемлекет қазынасынан, табыстың басқа түрлерінен ұрлауды кәсіп еткен обыр топ.*

**КЛЕПТОМАНИЯ** [грек. klepto – ұрлаймын, mania – құмарлық] з а т. *Психикалық ауру салдарынан пайда болатын ұрлыққа құмарлық.*

**КЛЕПТОПАРАЗИТИЗМ** з а т. б и о л. *Бір дарақтың азығын басқа жеке ағзаның (көбінесе басқа түрдің) күштеп немесе ұрлап иемденуі.*

**КЛЕРИКАЛИЗМ** [лат. clericalis] з а т. қ о ғ. - с а я с. *Шіркеудің саяси және мәдени үстемділігін күшейтуге ұмтылатын реакцияшыл ағым.*

**КЛЕТ** з а т. **1.** *Тормен қоршалған орын, жай.* **2.** *Үймен жапсарлас немесе бөлек салынған шолан.* **3.** ***Клеть*** *(шахталарда кен көтеретін немесе адамдарды жоғары-төмен тасып тұратын арнаулы құрылғы).*

**КЛЕТКА**[1] [грек. kytos] з а т. б и о л. ***Жасуша*** *(барлық тірі ағзалардың құрылысы мен тіршілігінің негізі, жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе).*

**Клеткадан тыс ас қорыту.** б и о л. *Қоректік заттардың жасушалардан тыс қорытылып, жасушаға сіңірілу процесі.* **Клетка жарғақшасы.** б и о л. <лат. cytolemma> *Жасушаның тірі заты – протоплазманы сыртынан қаптап, оны сыртқы ортадан бөліп және онымен байланыстырып тұратын жарғақша.* **Клетка қаңқасы.** б и о л. *Жасушаның пішінін анықтап, оның қозғалысын қамтамасыз ететін құрылым.* **Клеткалардың жіктелуі.** б и о л. *Біркелкі (индефферентті) жасушалардың дамуы мен жетілуі нәтижесінде маманданған әркелкі жасушалардың түзілу процесі.* **Клетка теориясы.** б и о л. *Барлық тірі ағзалар құрылымының негізі жасуша (клетка) екенін дәлелдейтін биология ғылымындағы іргелі қағида.*

**КЛЕТКА**[2] з а т. ***Торкөз*** *(шағын бөлшектерге бөлінген жер, орын).*

**КЛЕТКААРАЛЫҚ** с ы н. б и о л. ***Жасушааралық*** *(ж а с у ш а н ы ң а р а с ы н д а ғ ы).*

**Клеткааралық байланыс.** б и о л. <лат. junctiones, грек. intercellulares> *Жасуша қабықшалары – плазмолеммалар арасындағы өзара жанаспа байланыс.* **Клеткааралық заттек.** б и о л. *Белгілі бір жасушалар топтары тіршілік әрекеттерінің өнімінен пайда болып, жасушалар аралықтарында орын тепкен құрылым.*

**КЛЕТКАЛАН=** е т. ***Жасушалану.***

**КЛЕТКАЛЫ**[1] с ы н. б и о л. ***Жасушалы*** *(жасушасы бар, жасушаға бөлінген, жасушадан құралған).*

**КЛЕТКАЛЫ**[2] с ы н. ***Торкөзді.***

**КЛЕТКАЛЫҚ** с ы н. *Жасушаға тән, жасушаға қатысты.*

**Клеткалық айналым.** <лат. cyclus – cellularins> б и о л. *Жетілген жасушалардың тіршілік мерзімі.* **Клеткалық инженерия.** б и о л. а) *Адамға қажет заттектерді бос күйінде (ағзадан тыс) өндіре алатын өсімдік жасушалары мен ұлпаларын өсіруге негізделген биотехнология саласы.* ә) *Өсімдіктерді жасушаларынан өсіріп көбейту арқылы олардың бағалы даналарының ұлпаларын өсіру.* **Клеткалық қосындылар.** б и о л. *Зат алмасу процесіне (метаболизм) байланысты жасуша цитоплазмасындағы тұрақсыз құрылымдар.* **Клеткалық сұрыптау.** б и о л. *Жасушалар суспензиясын әртүрлі ортада өсіріп, ондағы мутант немесе сомаклонды жасушалардан бөліп алу.*

**КЛЕТКАСЫЗ** с ы н. б и о л. ***Жасушасыз.***

**КЛЕТКАІШІНДІК**: **клеткаішіндік ас қорыту.** б и о л. *Жасуша плазмолеммасы арқылы қатты, тығыз және сұйық заттардың жасуша ішіне еніп қорытылуы.*

**КЛЕТЧАТКА** з а т. б и о л. ***Жасұнық*** *(ағза жасушасының қабығын құрайтын бөлік).*

**КЛЕТЧАТКАЛЫҚ** с ы н. *Жасұныққа тән, жасұныққа қатысты.*

**КЛЕТЬ** з а т. т е х. **1.** *Шахтадан вагонеткаларды, адамдарды, жабдықтар мен материалдарды көтеріп-түсіруге арналған құрылғы.* **2.** *Станның қақтама біліктерінің ішпектері қызметін атқаратын екі құйма ұстыннан құралатын негізгі бөлігі.*

**КЛИВАЖ** [ағыл. cleavage] з а т. г е о л. *Тау жыныстарының бір-біріне бойлама бағыттағы жарықтар бойымен жұқа қабыршақтарға бөлшектеніп жарылуы.*

**КЛИВИЯ** [лат. clivia] з а т. б о т. *Гүлдердің бір түрі.*

**КЛИЕНТ** [лат. cliens] з а т. **1.** *Зат сатып алу, тапсырыс беру үшін дүкенге, ательеге т. б. тұрақты келіп тұратын адам.* **2.** *Адвокат, нотариус, банк т.б. қызметіне жүгінген адам.*

**КЛИЕНТ-СЕРВЕР** [ағыл. client – server] з а т. и н ф. *Желідегі байланысқан компьютерлердің әрекеттесу технологиясы.*

**Клиент-сервер тектес желі.** и н ф. *Құрамында жеке жұмыс бекеттерімен* (*клиент* деп аталатын) *байланысқан қуатты компьютері* (*сервер* деп аталатын) *бар желі.*

**КЛИЗМА** [грек. klysma] з а т. м е д. **1.** *Диагностика немесе ем жасау мақсатында тоқішекке жіберілетін түрлі қоспалары бар сұйықтық.* **2.** *Тоқішекке сұйықтық жіберуге арналған сыйымдылығы бар резеңке түтік.*

**Клизма жасату.** м е д. *Іш жүрмей қалғанда, ауырғанда, әйелдер босанар алдында т.б. тоқішектегі нәжісті айдау үшін әртүрлі қоспасы бар сұйықтықты арнайы түтікпен жіберу.* **Клизма қою.** *Жылы су жіберіп, ішекті тазалау.*

**КЛИМАКС**[1] [грек. klimax] з а т. **1.** м е д. *Әйелдердің аналық бездері гормоналдық қызметінің бірте-бірте тоқтауының физиологиялық кезеңі.* **2.** э к о л. *Бір атырап жағдайындағы экожүйе дамуының тұрақты, соңғы сатысы.*

**КЛИМАКС**[2] з а т. ә д е б. *Градация түрі, поэтикалық тілдегі стилистикалық фигура.*

**КЛИМАКСТЫҚ** с ы н. э к о л. *Климаксқа тән, климаксқа қатысты.*

**КЛИМАКТЕРИЯ** [грек. klimakter ] з а т. м е д. *Әйелдердің аналық бездері гормоналдық қызметінің бірте-бірте тоқтауының физиологиялық кезеңі, климакс.*

**КЛИМАКТЕРИЯЛЫҚ** с ы н. м е д. *Климактерияға тән, климактерияға қатысты.*

**КЛИМАТ** [грек. klima] з а т. г е о г р. *Географиялық орнына байланысты белгілі бір аймаққа тән көпжылдық ауа райы режимі.*

**Климат ауытқуы.** г е о г р. *Жер шарындағы немесе белгілі бір аймақтағы климат жағдайының өзгеруі.* **Климатқа әсер.** г е о г р. *Көмірқышқыл газының жиналуы, озонды қалқа тығыздығының өзгеруі, атмосфераның газдармен (метан, фреон) ластануы, энергияны тікелей шығару және т.б. салдарынан Жер энергетикасының ғаламдық өзгеруі.* **Климаттың антропогендік өзгеруі.** г е о г р. *Жергілікті климат пен микроклиматтың адамдардың шаруашылық әрекетінен өзгеріске ұшырауы.* **Климаттың, мұздықтардың кезеңдік тербелістері.** г е о г р. *Климаттың, мұздықтардың, сушаралардың жаға сызықтарының ұзақтығы мен қарқындылық дәрежесі әртүрлі, яғни бірнеше немесе ондаған жылдардан бірнеше мыңжылдықтарға дейінгі ырғақты өзгерістері.*

**КЛИМАТИЗАЦИЯ** з а т. к і т. *Үй ішінде (кейде тек жұмыс орындарында ғана) жасанды климат болуын қамтамасыз ететін шаралардың, құрылғылар мен жабдықтардың жиынтығы.*

**КЛИМАТИЗЕР** [грек. klimatos] зат. тех. *Бір орыннан ылғалдандырғыш аппарат.*

**КЛИМАТОЛОГ** зат. *Климатты зерттеуші.*

**КЛИМАТОЛОГИЯ** [грек. klimatos – еңіс, logos – сөз, оқу] зат. геогр. *Жер шарының климаттары, олардың түрлері, қалыптасу факторлары, географиялық таралу заңдылықтары мен мерзімдік өзгерулері туралы ғылым.*

**КЛИМАТОП** [грек. klima (klimatos) еңіс, topos – орын] зат. геогр. *Ортаның (ауа немесе сулы ортаның, олардың газдық құрамының, температуралық режимінің және т.б.) және бұл ортада тіршілік ететін ағзаларға тән физикалық және химиялық сипаттамаларының үйлесімі.*

**КЛИМАТОФИЗИОЛОГИЯ** [грек. klima (klimatos) – еңіс, physis – табиғат, logos – ілім] зат. геогр. *Адам мен жануарлардың әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделуін зерттейтін физиология саласы.*

**КЛИМАТТЫ** сын. геогр. *Климаты бар.*

**КЛИМАТТЫҚ** сын. геогр. *Климатқа тән, климатқа байланысты.*

**Климаттық белдем.** геогр. а) *Климаттық аудандастырудың негізгі өлшемі ірі өлшемі: ендік ұзындығы көп не аз, климат қалыптасуының ерекше жағдайларымен сипатталатын Жер шарының кең аймағы.* ә) *Таудағы өзіне тән климаттық ерекшеліктері бар тік белдеу.* **Климаттық белдемділік.** геогр. *Ғаламшардың беткі жазықтығын климаттық өзгешіліктері тұрғысынан бірнеше белдемдерге бөлу ұстанымы.* **Климаттық белдеу.** геогр. *Жер бетіндегі негізгі метеорологиялық құбылыстары біртекті болып келетін аймақ.* **Климаттық климакс.** геогр. *Жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай өсімдік қауымдастығы дамуының біршама тұрақты «финалдық» фазасы.*

**КЛИНГЕР** зат. физ. *Буының қысымы өте жоғары бу қазандарындағы судың деңгейін байқау үшін қойылған шыны.*

**КЛИНИКА** [грек. klinike] зат. мед. **1.** *Науқас адамдарды емдеумен қатар педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары бірге жүргізілетін емдік-алдыналушылық мекеме.* **2.** *Аурудың өту кезеңі.*

**КЛИНИКАЛЫҚ** сын. *Клиникаға тән, клиникаға қатысты.*

**Клиникалық аурухана.** мед. *Емдеумен қатар педагогикалық дәріс беру, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін орын ретінде де пайдаланатын аурухана.* **Клиникалық өлім.** мед. *Адамның жүрек соғысы тоқтап, миы жансызданған күйі.* **Клиникалық психология.** мед. *Медициналық психологияның аурулардың пайда болуы мен барысының психикалық факторларын, аурулардың тұлғаға ықпалын, емдік, шипалық ықпал-әсердің психологиялық аспектілерін зерттейтін саласы.*

**КЛИНКЕР** [нем. Klinker] зат. **1.** *Құрылыста тас орнына пайдалану үшін шамадан тыс күйдірілген қоңыр немесе күңгірт қызыл түсті тастай қатты кірпіш.* **2.** кен. *Мырыш, қорғасын, қалайы рудаларын, олардың концентраттарын қорытудың қалдығы.*

**КЛИНОМАНИЯ** зат. мед. *Төсекте жата бергісі келетін жабысқақ аурулы жағдай.*

**КЛИП** [ағыл. clip] зат. *Музыка, эстрадалық ән, жарнама т.б. желісіне байланысты түсірілген бейнефильм.*

**КЛИПМЕЙКЕР** [ағыл. clip maker] зат. муз. *Бейнеклип түсіруші маман.*

**КЛИПП** [ағыл. clip] зат. геол. *Жаралу уақыты тұрғысынан біршама көне таужыныстардың оларға қарағанда жастау таужыныстар арасында ұшырасатын жартастары мен жақпартастары. Синонимі: тектоникалық жамылғы жұрнақтары.*

**КЛИРАНС** [ағыл. clearance] зат. құқық. *Кемелердің портқа кіруі және одан шығу тәртібіне байланысты кеден органдары белгілеген заң талаптары.*

**КЛИРЕНС** [ағыл. clearance] зат. әск. *Жер беті деңгейінен танк, бронетранспорттер, автомобиль, артиллериялық қару және т.б. құрылысындағы (қозғағыш элементтерін есептегенде) ең төменгі нүктесіне дейінгі қашықтық.*

**КЛИРИНГ**[1] [ағыл. clearing] зат. экон. **1.** *Тараптардың өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алуына негізделген қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі.* **2.** *Екі жақ арасындағы тапсырыстарды қамтамасыз ету мақсатымен клиринг субъектісі делдалдық қызмет атқарып, осы транзакция барысында өзі сатушы, өзі сатып алушы бола алатын қаржылық айналым процедурасы.*

**Клиринг қатысушылары** экон. *Клиринг ұйымымен клирингке қатысуға келісімге отырған, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар.* **Клиринг ұйымы.** экон. *Ұлттық банктің клиринг операциясын жүзеге асыру лицензиясы негізінде клирингті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйым.*

**КЛИРИНГТІК** сын. экон. *Клирингке тән, клирингке қатысты.*

**КЛИСТРОН** [грек. klyzo – соғу, толқынның ұруы, (элек) трон] зат. физ. *Электродтардың және оған қоса тербелткіш контурдың қызметін атқаратын ерекше конструкциялы сезімтал электрон лампы.*

**КЛИШЕ** [франц. cliche] зат. **1.** полигр. *Иллюстрацияларды (суреттерді, фотосуреттерді және т.б.) полиграфиялық әдіспен, қағаз бетіне түсіру әдісі, шығыңқы баспа формасы.* **2.** лингв. *Коммуникативтік жағдаятқа сай, дайын, тұрақты қалыптасқан, қысқарып қолданылған сөздер мен сөз тіркестері.*

**КЛОН** [грек. klon] зат. **1.** биол. *Вегетативті жолмен көбею нәтижесінде пайда болған, генетикалық табиғаты шығу тегімен бірдей жаңа ұрпақ.* **2.** инф. *Пайдаланушы деңгейі бойынша басқа (қымбат) компьютерлерден ешқандай айырмашылығы жоқ компьютер, аналогі мен құрылымдық түрде үйлесетін дербес компьютердің көшірмесі.*

**КЛОНДА=** ет. биол. *Ағзаларды жыныссыз жолмен көбейту арқылы сол ағзаларға ұқсас ұрпақтар алу.*

**КЛОНДАЛ=** ет. биол. *Ағзаларды жыныссыз жолмен көбейту арқылы сол ағзаларға ұқсас ұрпақтардың алынуы.*

**КЛОНДАЛУ** *Клондал етістігінің қимыл атауы.*

**КЛОНДАН=** ет. биол. *Жыныссыз жолмен көбейту арқылы ағзалардан өзіне ұқсас ұрпақтар алынуы.*

**КЛОНДАНУ** *Клондан етістігінің қимыл атауы.*

**КЛОНДАУ** биол. *Клонда етістігінің қимыл атауы.*

**КЛОНДАУШЫ** зат. биол. *Клондау әрекетін жүзеге асырушы.*

**КЛОПШТОСС** зат. спорт. *Бильярд спортында ұрған шар көздеген шарға тиген кезде орнында қалып қоятын қысқа соққы.*

**КЛОУН** зат. **1.** ***Сайқымазақ*** *(күлдіргіш-әртіс, күлкілі бейне (персонаж), күлкілі, әзілдік (буффонадалық) рөлдерді орындайтын цирк әртісі).* **2.** *Циркте гі күлкілі бейне жасау өнері, цирк жанры.*

**КЛОУНДАЙ** сын. *Клоун сияқты, клоун тәрізді.*

**КЛОУНША** үст. *Клоун сияқты, клоунға ұқсап.*

**КЛУБ** [ағыл. club] зат. **1.** сов. *Ауылдық жерлерде мәдени-ағарту іс-шараларын жүргізетін, олардың мәдени деңгейін көтеретін, шығармашылық іс-әрекетін дамытатын мәдени-ағарту орны, мекеме, ғимарат.* **2.** *Идеялас, мүддес, әрекеті бір адамдардан құралған, демалу, қарым-қатынас жасау үшін жиналатын қоғамдық ұйым.*

**КЛУМБА** [ағыл. clump] зат. *Бау-бақша, парктерде, көшелерде гүл егілген жер.*

**КНИДОЦИЛЬ** зат. биол. *Ішекқуыстылардың атқыш жасушаларының сезімтал талшығы (жіпшесі).*

**КНОПКА** зат. **1.** *Қағазды, матаны қатты бір затқа бекітіп, іліп қою үшін пайдаланатын басы жалпақ кішкене шеге.* **2.** физ. *Электр сымдарындағы тоқты тоқтату үшін қолданылатын жылжымалы түймеше, тетік.*

**КНЯЖНА** [ор.] зат. *Ежелгі Русьтегі князьдің күйеуге шықпаған қызы.*

**КНЯЗЬ** зат. тар. **1.** *Бұрынғы Русьтағы әскер басшысы, феодалдық Русьта болған облыс билеушісі.* **2.** *Князь ұрпақтарына берілген атақ.*

**КНЯЗЬДІК** зат. тар. *Русьтегі князь билеген, қожалық еткен мемлекеттік бірлестіктер мен аймақтар.*

**КОАГУЛЯНТ** зат. **1.** физ. *Ішінде майда жүзгін бөлшектері бар сұйықтыққа қосқан кезде бөлшектердің бір-бірімен ілінісу процесін тудыратын заттар.* **2.** мед. *Қанның ұюын арттыратын заттар.*

**КОАГУЛЯЦИЯ** [лат. coagulatio] зат. физ. *Дисперсті, әсіресе коллоидты жүйелер бөлшектерінің араласу, қозғалу кезінде бір-бірімен бірігіп іріленуі.*

**КОАДАПТАЦИЯ** зат. биол. *Әртүрлі ағзалардың коэволюция үдерісі барысында бір-біріне бейімделіп қалыптасуы.*

**КОАКСИАЛ** [ағыл. coaxial] зат. тех. ***Коаксиалды.***

**КОАКСИАЛДЫ** [ағыл. co — бірге, бірлескен, axis — ось] зат. тех. *Бір осте орналасқан орталық өткізгіш пен экраннан тұратын (электр кәбелі).*

**Коаксиалды кәбіл.** инф. *Теледидар кәбіліне ұқсас, сырты экранды қабықшамен қоршалып, диэлектрикпен қапталған біртекізгішті өзегі бар кәбіл.*

**КОАЛА** [ағыл. koala] зат. зоол. *Шығыс Аустралияның ормандарын мекендейтін қалталы аю.*

**КОАЛИЦИЯ** [лат. coalitio] зат. қоғ.-саяси. **1.** *Екі немесе бірнеше мемлекеттің басқа бір мемлекетке немесе мемлекеттер тобына бірлесіп қарсы шығуы үшін жасалған саяси, одағы, бірлескен қызметі.* **2.** *Екі не бірнеше саяси партиялар арасындағы өзара келісім.*

**КОАЛИЦИЯЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Коалицияға тән, коалицияға қатысты.*

**Коалициялық қарулы күштер.** әск. *Коалициялық соғысты жүргізу немесе бейбіт уақытта басқа құралдармен каолиция мақсатына қол жеткізу үшін бір басшылық қол астына біріктірілген екі немесе одан көп мемлекеттің қарулы күштері.* **Коалициялық соғыс.** әск. *Бір мемлекеттер коалициясының екінші коалицияға немесе елге қарсы жүргізілетін соғысы.*

**КОАСІРНЕ** зат. хим. *Ірілену нәтижесінде сұйық ортада түзілетін сірне тәрізді тұнба.*

**КОАЦЕРВАЦИЯ** зат. хим. *Ерітіндіден жаңа сұйық фазаны бөліп алу үдерісі.*

**КОБАЛЬТ** [нем. Kobold] зат. хим. *Темірден қаттырақ, топырақта аз мөлшерде* ($CO<n.10^{-3\%}$) *кездесетін физикалық және биохимиялық рөлі өте зор, күміс түстес микроэлемент.*

**Кобальт кентастары.** кен. *Құрамында экономикалық тұрғыдан тиімді мөлшерде кобальты бар, өндірістік игеруге жарамды табиғи минералдық шикізат.*

**КОБАЛЬТИН** зат. хим. *Сульфидтер класына жататын минерал.*

**КОБАЛЬТПЕНТЛАНДИТ** зат. геол. *Минерал, құрамында 49%-ға дейін кобальты бар пентландиттің түрі.*

**КОБАЛЬТТЫ** сын. хим. *Кобальт қосылған, кобальты бар.*

**КОБАНАТ** зат. әск. *Қарулы қақтығысқа түскен тараптардың қарулы күштері құрамына кіретін және әскери әрекеттерге тікелей қатысуға құқылы тұлға.*

**КОБЗАРЬ** зат. укр. *Кобза мен бандураның сүйемелдеуімен дума және тарихи әндерді орындайтын украин халық әншісі.*

**КОБРА** [португ. cobra] зат. зоол. *Ыстық жақты мекендейтін, басының артқы жағында теңбілі бар, аспидтер тұқымдасына жататын өте улы жылан.*

**КОБОЛ** [ағыл. cobol] зат. инф. *Экономикалық және коммерциялық мәселелерді шешуге бейімделген бағдарламалау тілі.*

**КОБУРА** [түр. kubur] зат. *Тапанша, алтатар салып қою үшін былғарыдан жасалған қапшықша.*

**КОВАР** зат. хим. *Құрамына 29% никель және 17,5% кобальт кіретін, шыныныкіне жуық температуралық ұлғаю коэффициенті бар, аспаптар жасауда, электровакуумдік және шала өткізгіштік техникада қолданылатын темір негізіндегі құйма.*

**КОВЕЛЛИН** зат. хим. *Сульфидтер класына жататын минерал.*

**КОВЕРКОТ** [ағыл. covertcoat] зат. *Жүннен тығыз тоқылған асыл матаның бір түрі.*

**КОВЕРНОТ** [ағыл. cover note] зат. экон. *Тәуекелге бой ұрған сақтанушылардың ұйғарымы мен сақтандырушының сақтандыру жөнінде келісімшарт жасасқанын дәлелдеу мақсатында брокер беретін анықтама.*

**КОГЕЗИЯ**[1] [лат. cohaesus] зат. хим. *Қатты немесе сұйық зат бөлшектерінің өзара тартылуы; осының нәтижесінде олардың бір агрегатқа бірігуі.*

**КОГЕЗИЯ**[2] [лат. cohaesus] зат. физ. *Белгілі бір қатты немесе сұйық заттың бөлшектері арасындағы бір-бірімен ілігісу (жабысу) қасиеті.*

**КОГЕРЕНТТІ** сын. физ. *Бір-бірімен қосылған бірнеше тербелмелі не толқынды процестердің уақыт пен кеңістік бойынша үйлесімділігі.*

**Когерентті тербелістер.** физ. *Уақыт бойынша тұрақты фаза айырымымен және бірдей жиілікпен өтетін екі немесе одан да көп гармониялық тербелістер.*

**КОГЕРЕНТТІК** [лат. cohaerentia] зат. физ. *Бір-бірімен қосылған бірнеше тербелмелі не толқынды процестердің уақыт пен кеңістікте үйлесімділігі.*

**Когеренттік сәулелену.** физ. *Тербелісінде уақытта тәуелсіз тұрақты фаза айырымы болатын электрмагниттік сәулелену.*

**КОГЕРЕНТТІЛІК** зат. физ. *Қосылған кезде пайда болған бірнеше тербелмелі немесе толқындық процестердің кеңістікте және уақыт бойынша үйлесімді өтуі.*

**КОГЕРЕНЦИЯ: когеренция теориясы**. филос. *Нейрат және Карнап дискуссиясы процесінде дамыған непозитивтік ақиқат теориясы.*

**КОГНИТИВТІК** [нем. kognitiv] сын. *Танымдық, санаға қатысты.*

**Когнитивтік диссонанс теориясы**. псих. *Адамның мінез-құлқына когнитивтік элементтер (сенімдер, пікірлер, құндылықтар, ниеттер және т.б.) жүйесінің ықпалын түсіндіретін батыс әлеуметтік психологиясы тұжырымдамаларының бірі.* **Когнитивтік карта.** филос. *Айналаны қоршаған кеңістіктің таныс бейнесі.* **Когнитивтік күрделілік.** псих. *Адамның танымдық (когнитивтік) саласының психологиялық сипаттамасы.* **Когнитивтік психология**. псих. *Қазіргі психологияның жетекші бағыттарының бірі.* **Когнитивтік сәйкестілік теориясы.** псих. *Адамның өзін ұстауындағы қисындылық пен қисынсыздықтың арақатынасын түсіндіріп беруді мақсат ететін когнитивтік бағыт аясында жасалған теориялардың бірі.*

**КОГОРТА** [лат. cohors] зат. тар. *Рим армиясының бес жүз адамнан құралған тобы.*

**КОД** [франц. code] зат. *Көбінесе телеграф арқылы дипломатиялық, коммерциялық, әскери және тағы басқа әртүрлі хабарларды беру үшін қолданылатын, қысқарған шартты белгілер мен атаулардың жиынтығы.*

**КОДА** [итал. coda] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығарманың қосымша қорытынды бөлімі.* **2.** әдеб. *Қалыптасқан түрдегі поэзиялық шығарманың негізгі жобаланған құрылымының артық қосылған қосымша өлең, сондай-ақ туындының негізгі бөлігінен ұйқастардың орныласуымен, жол санымен, басқа да белгілерімен ерекшеленетін күрделі шумақтың қорытынды бөлігі.*

**КОДЕИН** зат. мед. *Наркоздық және ауру басатын, көбінесе жөтелді басу үшін қолданылатын дәрі, апиын алкалоидының бірі.*

**КОДЕКС** [лат. codex] зат. филос. *Бір жүйеге келтірілген, заңды тұрғыдан да, логикалық тұрғыдан да тұтас, іштей үйлесімді болып келетін, тікелей қолданылатын, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін заң актісі.*

**КОДИФИКАЦИЯ** [лат. codificatio]. зат. **1.** заң. *Құқықтың жеке тарауларына жататын мемлекет заңдарын бірыңғай жүйеге келтіріп біріктіру.* **2.** лингв. ***Қалыптану*** *(белгілі бір тілдің нормасына айналған, айту, жазу нормаларына түскен тілдік бірліктердің заң, сөздіктер арқылы бекітіліп, жүйеленуі, реттелуі).*

**КОДИФИКАЦИЯЛА=** ет. **1.** заң. *Нормативтік актілерді біріктіру арқылы логикалық тұрғыдан тұтас, мазмұны өзгертілген бірыңғай заң актісі етіп жүйелеу.* **2.** лингв. ***Қалыптандыру*** *(тілдің нормаға түскен айтылу, жазылу тұрпаттарын заң, ереже, сөздік арқылы бекіту, реттеу).*

**КОДИФИКАЦИЯЛАУ** *Кодификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОДОН** зат. биол. *Генетикалық кодтың өлшем бірлігі.*

**КОДТА=** ет. **1.** *Құпия мәліметтерді техникалық құралдар арқылы жіберуге арналған кәдімгі ашық мәтінді шартты белгілерге (бөлек сөздер, әріптер, сандар т.б. арқылы) арнайы кесте (кодтар) көмегімен ауыстыру.* **2.** *Мәліметтерді шартты белгілер, сигналдар, жиілік, импульстер саны т.с.с. арқылы жіберу.*

**КОДТАЛ=** ет. *Құпия мәліметтердің техникалық құралдар арқылы жіберуге арналған кәдімгі ашық мәтінді шартты белгілермен арнайы кесте (кодтар) көмегімен ауыстырылуы.*

**Кодталған карта**. әск. *Әскерлерді жасырын басқарудың арнайы картасы.*

**КОДТАЛУ** *Кодтал етістігінің қимыл атауы.*

**КОДТАУ**[1] [ағыл. coding] зат. инф. *Мәліметтерді олардың алдын ала тағайындалған кодтық комбинацияларымен бейнелеу немесе мәліметтер элементін (символдар жиынын) олардың кодтық комбинацияларымен сәйкес келтіру үдерісі.*

**КОДТАУ** *Кодта етістігінің қимыл атауы.*

**Кодтау шекарасы.** инф. <ағыл. coding bound> *Код қуаты, Хемминттің кіші арақашықтығы, код комбинациясы ұзындығы тәрізді параметрлерден тәуелді болатын код өнімділігінің шегі.*

**КОДТЫҚ** сын. *Кодқа тән, кодқа қатысты.*

**КОДЬЯК** зат. зоол. *Аюдың бір түрі.*

**КОЖВОЛОН** зат. хим. *Жасанды былғары.*

**КОЗА** зат. кен. **1.** *Шахта забойларына қажетті заттарды (ағаш, рельс және басқа көлемді нәрселер) жер астындағы теміржолмен таситын вагонетка.* **2.** *Әлдеқалай вагонетка ағытылып кетсе немесе тіркеуіш арқан үзілсе, вагонетканың шпалға тіреліп қалуы үшін сақтыққа оның алдына бекітілген тіреуіш.*

**КОЗИНАК** зат. тамақ. *Қант-сірне қою шырынына күнжіт, бадам және жаңғақтар қосып қайнатылатын тәтті тағам.*

**КОЗЛА** ор. зат. *Арба, шананың (экипаждың) алдыңғы жағында көлік айдаушының (көшірдің) отыратын орны.*

**КОЗЫРЬ** зат. **1.** ***Көзір*** *(карта ойынындағы көңдегі картамен түстес қолдағы карта).* **2.** ауыс. *Дауда, күресте қажетті жағдайда пайдаланылатын артықшылық.*

**КОЙКА** [ор.] зат. сөйл. ***Төсек, кереует*** *(аурухана, мейманхана, жатақхана сияқты көпшілік жатын орындағы кереует).*

**КОЙНЕ** [грек. koine] зат. лингв. *Күнделікті қатынастың негізгі құралы ретіндегі әртүрлі диалектілер мен тілдерде сөйлеушілердің әлеуметтік қатынаста қолданатын тілі.*

**КОКА** [исп. coca] зат. өс. *Жапырақтарынан кокаин алынатын тропиктік бұта.*

**КОКАИН** [исп. cocaina] зат. бот. *Кокаин бұталарының жапырақтарында болатын алкалоид.*

**Кокаин бұтасы.** бот. *Кокаинмен туыстас, қалың жапырақтарынан кокаин өндірілетін Оңтүстік Америкада өсетін бұта.*

**КОКА-КОЛА** [ағыл. Coca Cola] зат. *Сергітетін алкогольсіз сусын.*

**КОКАРДА** [франц. cocarde] зат. әск. *Формалы фуражкадағы белгілі бір үлгімен металдан жасалған белгі.*

**КОКИЛЬ** [франц. coquille] зат. кен. *Балқыған металды құятын және қайталап пайдалана беруге болатын металл қалып.*

**КОККОРЕЛЛА** зат. балықшар. *Мұхиттардың тропик, субтропик аймақтарында таралған кәсіптік маңызы бар, еті құнарлы, түрі әдемі, жыртқыш балық.*

**КОКОС** [исп. cocos] зат. өс. *Кокос алынатын пальма ағашы.*

**Кокос сүті.** *Кокос пальмасының шы рынды жемісі.*

**КОКС** [нем. Koks] зат. кен. *Тасқөмірді, шым тезекті, мұнай қалдықтарын ауа кіргізбей, 900-1100$^0$ С температурада шала жандырудың нәтижесінде алынатын металлургиялық отын.*

**Кокс газы.** хим. *Тасқөмірді кокстегенде алынатын жанғыш газ.* **Кокс пеші.** тех. *Тасқөмірді коксқе айналдыратын технологиялық агрегат.* **Коксты лақтыру индексі.** тех. *Кокс беріктігінің сипаттамасы.* **Кокс химиясы.** тех. *Табиғи отындарды (тасқөмірді) кокстеу әдісі арқылы өңдеумен айналысатын химиялық технология саласы.*

**КОКСИТЕРГІШ** зат. тех. *Кокс пешінің камерасынан кесекtелген коксті итеріп, қағып шығаратын мәшине.*

**КОКСТЕ=** ет. хим. *Кокс (70-80%), кокс газын (15-25%) және сұйық қосымша өнім (3%-тей) алу үшін түрлі отынды 900-1100$^0$ С температурада ауа кіргізбей химиялық жолмен өңдеу, кокс өндіру.*

**КОКСТЕЛ=** ет. хим. *Кокстің өндірілуі.*

**КОКСТЕЛУ** *Кокстел етістігінің қимыл атауы.*

**КОКСТЕН=** ет. хим. *Кокс өндірілу.*

**КОКСТЕНГІШТІК** зат. тех. *Ауа өткізбей 900$^0$ С-қа дейін қыздырған кезде көмір түйірлерінің беріктігі, ірілігі және физикалық-химиялық қасиеттері бойынша өнеркәсіптік талаптарға сай кесек кокс беру қабілеті.*

**КОКСТЕНУ** *Кокстен етістігінің қимыл атауы.*

**КОКСТЕУ** *Коксте етістігінің қимыл атауы.*

**КОКСТІ** сын. хим. *Коксі бар, кокс қосылған.*

**КОКСТІК** сын. хим. *Коксі бар, кокстен түзілген.*

**Кокстік газ.** хим. *Көмірді кокстегенде түзілетін.*

**КОКСХИМИЯ** зат. хим. *Табиғи отындарды кокстау әдісі арқылы өңдеумен айналысатын химия және химиялық технология саласы.*

**КОКТЕЙЛЬ** [ағыл. cocktail] зат. *Түрлі сусындардың салқындатылған қоспасы.*

**1.** *Дәмдәуіштер, сүт, жеміс шырындары және т. б. қосылған спиртті ішімдіктер қоспасы.* **2.** *Жеміс-жидек, сүт, қант қосып дайындалған алкогольсіз сусын.*

**КОКЦИДИОЗ** зат. вет. *Құртамыштар (кокцидиялар) әрекетінен пайда болатын ауру; үй қояны мен тауықтың инвазиялық ауруы.*

**КОКЦИДИЯ** зат. зоол. ***Құртамыш.*** **1.** *Тең қанаттылар отрядына жататын, жыныстық диформизмі анық байқалатын ұсақ жәндіктер.* **2.** *Споралылар класына жататын бір жасушалы жануарлар отряды.*

**КОЛА** [лат. cola] зат. бот. *Тропиктік Африкада өсетін ағаш түрі.*

**КОЛБА** [нем. Kolben] зат. хим. *Химиялық лабораторияларда қолданылатын, мойыны ұзын, түбі дөңгелек немесе жайпақ шыны ыдыс.*

**КОЛБАСА** зат. тамақ. ***Шұжық*** *(ішекке немесе жасанды пленканың ішіне пісіріліп, тартылып салынған ет).*

**КОЛЕНКОР** [франц. calencar] зат. *Киім астарына, кітап мұқабасына жарататын мақтадан тоқыған матаның бір түрі.*

**КОЛИБАКТЕРИОЗ** зат. вет. *Мал төлдерінің (құлынның, бұзаудың, қозының, лақтың) және құс балапандарының сепсис, энтеротоксемия, энтерит түрінде өтетін жұқпалы ауруы.*

**КОЛИБАКТЕРИОФАГ** зат. вет. *Ішек таяқшасын ерітіп жіберетін бактериофаг.*

**КОЛИБАЦИЛЛЕЗ** зат. вет. ***Ақтышқақ*** *(құлын мен бұзаудың, тауық балапандарының жұқпалы жіті ауруы).*

**КОЛИБРИ** [исп. colibri] зат. зоол. *Қанаты әдемі, кейбіреуінің үлкендігі арадан аспайтын, көбінесе Оңтүстік Америкада мекендейтін- кішкентай торғайдың түрі.*

**КОЛИН** зат. бот. *Жоғары сатыдағы өсімдіктерден бөлінетін және жоғары сатыдағы өсімдіктердің басқа түрлеріне басым әсер ететін органикалық заттектер.*

**КОЛИТ** [грек kolon] зат. мед. *Тоқішектің қабынып ауруы.*

**КОЛЛ** [ағыл. call] зат. экон. **1.** *Опционның қолданылу мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта уағдаласқан баға бойынша тауардағы, бағалы қағазды, фьючерлік өзара шартты сатып алу құқы.* **2.** *Биржалық сессия уақытындағы қысқа кезең.*

**КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМ** [франц. collaboration ] зат. саяси. *Халықаралық құқықта өз мемлекетіне зиян келтіретін, қарсылас ел мүддесіне қызмет ететін жаумен саналы, ерікті түрде немесе қасақана болған әріптестік, ауызжаласушылық.*

**КОЛЛАБОРАЦИОНИСТІК** сын. саяси. *Коллаборационизмге қатысты.*

**КОЛЛАГЕН** [грек. kolla] зат. биол. *Склеропteидтер тобына жататын фибриллалы ақуыз, жануарлардың дәнекер ұлпасының коллаген талшықтарының бір бөлігі.*

**Коллаген талшықтары.** биол. *Адам мен жануарлардың дәнекер тінінің (ұлпасының) талшығы.*

**КОЛЛАГЕНДЕР** зат. хим. *Жануарлардың дәнекер болып тұратын ұлпаларының (сіңір, сүйек, шеміршек) негізін құраушы нәруыздар.*

**КОЛЛАГЕНДІК** сын. биол. *Коллагенге тән, коллагенге қатысты.*

**КОЛЛАЖ** [фран. collage] зат. өнер. **1.** *Бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс, кубизм, футуризм суретшілерінің шығармашылық ізденісі кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің бір тәсілі.* **2.** *Шығармаға өзге композиторлардың туындыларынан тың фрагменттерді енгізу тәсілі.* **3.** баспа *Полиграфиялық безендіру ісінде әртүрлі фотосуреттерді біріктіріп, қажеті мазмұндағы әсерлі сурет жасау тәсілі.*

**КОЛЛАЙДЕР** зат. физ. *Қарсылас токті зарядталған бөлшектердің үдеткіші.*

**КОЛЛАКТИВИТ** зат. хим. *Әртүрлі өсімдік қалдықтарын ыстық концентрациялы күкірт қышқылымен көмірлеу арқылы алынатын белсендірілген көмір.*

**КОЛЛАПС** [лат. collapsus] зат. **1.** мед. *Күретамыр мен көктамырларда, қан тамырларында қан қысымының күрт төмендеуінен болатын ауру.* **2.** физ. *Тартылыс күші әсерінен болатын апатты құбылыс.*

**КОЛЛАРГОЛ** зат. мед. *Құрамында 70 пайыз күміс, 30 пайыз белок бар, суда онша ерімейтін жасыл не көкшіл ұсақ зат.*

**КОЛЛЕГА** [лат. collga] зат. ***Әріптес*** *(жұмысы, мамандығы, лауазымы немесе атағы жағынан бірдей адам).*

**КОЛЛЕГИАЛДЫҚ** зат. ***Алқалық.***

**КОЛЛЕГИЯ** [лат. collegium] зат. ***Алқа*** *(әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдардың тобы).*

**КОЛЛЕГИЯЛЫҚ** сын. ***Алқалық.*** // *Коллегияның іс-әрекеті.*

**КОЛЛЕДЖ** [ағыл. college] зат. *Орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.*

**КОЛЛЕКТИВ** [лат. collectivus] зат. ***Ұжым*** *(ортақ мақсат, мүддемен біріккен адамдар жиынтығы, қоғамның қоғамдық топтық және жеке адами мүдделер тоғысқан шағын ұясы).*

**КОЛЛЕКТИВИЗМ** [лат. collectivus] зат. *Ұжымшылдық, еңбек, меншік ортақтығы, коллектившілдік.*

**КОЛЛЕКТИВТЕН=** ет. тар. совет. *Жеке шаруалардың коллективтік шаруашылыққа, колхозға бірігуі.*

**КОЛЛЕКТИВТЕНДІР=** ет. тар. совет. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа, колхозға біріктіру арқылы ауылшаруашылығын өзгерту, жаңа коллективтік шаруашылық орнату.*

**КОЛЛЕКТИВТЕНДІРУ** тар. совет. *Коллективтендір етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛЛЕКТИВТЕНДІРІЛ=** ет. тар. совет. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру арқылы жаңа коллективтік шаруашылықтың орнатылуы.*

**КОЛЛЕКТИВТЕНУ** *Коллективтен етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛЛЕКТИВТЕС=** ет. тар. совет. *Жеке шаруалардың коллективтік шаруашылыққа, колхозға бірігуі.*

**КОЛЛЕКТИВТЕСТІР =** ет. тар. совет. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа, колхозға біріктіру арқылы ауылшаруашылығын өзгерту, жаңа коллективтік шаруашылық орнату.*

**КОЛЛЕКТИВТЕСТІРУ** *Коллективтестір етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛЛЕКТИВТЕСУ** *Коллективтес етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛЛЕКТИВТІ** сын. тар. совет. *Ұжымдасқан, біріккен.*

**КОЛЛЕКТИВТІК** сын. тар. совет. *Ұжымдық, ұжымға тән, ұжымға қатысты.* // *Ұжымшылдық, ауызбіршілік, бірлік.*

**Коллективтік мердігерлік әдіс.** тар. совет. *Жұмысшылардың еңбек ұжымдарын ұйымдастыру және ынталандыру әдісі.*

**КОЛЛЕКТИВШІЛ** сын. ***Ұжымшыл*** *(коллективті жақсы көруші, коллективке үйір).*

**КОЛЛЕКТИВШІЛДІК** зат. ***Ұжымшылдық*** *(коллективті жақсы көрушілік, коллективке үйіршілдік).*

**КОЛЛЕКТОР** [лат. collector] зат. **1.** физ. *Электрондық немесе иондық тоқпен әкелінген зарядтарды жинауға арналған электр вакуумдық құралдағы электрод.* **2.** сушар. *Жер астына орналастырылған жабық құбыр немесе суармалы егістіктен қашыртқы суларын жинап, басқа жаққа ағызып жіберу үшін салынатын кәріздік жүйе.* **3.** *Мекеме, кәсіпорын белгілі бір тауарды жинап және оларды тиісті адрес бойынша жіберуші.* **4.** *Белгілі бір мамандығы немесе тәжірибесі бар кісіге я болмаса мекемеге коллекция жинауға көмек көрсетуші адам.*

**КОЛЛЕКТОРЛЫ** сын. *Коллекторы бар, коллектор орналасқан.*

**КОЛЛЕКЦИОНЕР** [франц. colectionneur] зат. *Коллекция жинаушы.*

**КОЛЛЕКЦИЯ** [лат. collectio] зат. ***Жиынтық*** *(ғылыми, көркемдік, тарихи және т. б. маңызы бар, біртектес заттардың, нәрселердің жиынтығы).*

**КОЛЛЕКЦИЯЛЫ** сын. *Коллекциясы бар.*

**КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ** сын. *Коллекцияға тән, коллекцияға қатысты.*

**КОЛЛИЗИЯ** [лат. collisio] зат. филос. *Бір-біріне қарама-қарсы күштердің, ниеттердің немесе мүдделердің қақтығысы.*

**КОЛЛИЗИЯЛЫҚ** сын. *Коллизияға тән, коллизияға қатысты.*

**КОЛЛИМАТОР** [лат. collimare] зат. физ. *Параллель сәулелердің шоғын алуға арналған оптикалық құрылғы.*

**КОЛЛОДИЙ** [грек. kollodes] зат. хим. *Спирт пен эфирдің қосындысына коллексилин қосып жасалған ерітінді.*

**КОЛЛОИД** [грек. kolla – клей, eidos –түр] зат. хим. *Топырақ құрамындағы өте майда (жоғары дисперсті) ұнтақталған (0,0001 мм төмен) органикалық және минералды қатты заттар.*

**КОЛЛОИДТАР** зат. хим. *Коллоидті жүйелер.*

**КОЛЛОИДТЫ** сын. *Коллоиды бар, коллоид араласқан.*

**КОЛЛОИДТЫҚ** сын. *Коллоидқа тән, коллоидқа қатысты.*

**Коллоидтық химия.** хим. *Дисперстік жүйелер мен фазалардың бөліну беттерінде болатын беттік құбылыстарды зерттейтін ғылым саласы.*

**КОЛЛОКВИУМ** [лат. colloquium] зат. пед. *Оқушылардың білімін айқындау үшін оқытушының олармен әңгімелесуі; әңгіме-емтихан.*

**КОЛЛОКСИЛИН** зат. хим. *Құрамына 12%-ке дейін азот кіретін целлюлоза нитраты.*

**КОЛЛОФАН** зат. хим. *Жасырын кристалды апатит, сырттай опалға ұқсас тығыз, қабатты, колломорфты жыныс.*

**КОЛЛЮВИЙ** [грек. colluvio] зат. геол. *Беткейлерде немесе өз салмағымен ысырыла келіп, етекке шоғырланған минералды сынық материал.*

**КОЛОВРАТКА** [лат. rotifera] зат. зоол. *Жұмырқұрттар типінің бір класы.*

**КОЛОМЫЙКА** зат. әдеб. *Украин фольклорының жанры, частушка сияқты қысқа өлең.*

**КОЛОБОМА** [грек. koloboma] зат. мед. *Көздің торқабығының, нұрлы қабығының, қабақ жиектерінің т.б. құрылымдарының туа біткен немесе жүре келе пайда болған ақауларының жалпы атауы.*

**КОЛОН** [лат. colonus] зат. әдеб. *Дыбысталатын сөздің ырғақты-интонациялық бірлігі.*

**КОЛОНИАЛИЗМ** зат. саяси. ***Отарлаушылық.***

**КОЛОНАТ** [лат. colanatus] зат. тар. *Көне Рим империясында ұсақ өндірушілердің ірі жер иелеріне кіріптар болуының бір түрі.*

**КОЛОНИАЛДЫ: колониалды ағзалар.** биол. *Жыныссыз көбею кезінде пайда болған жас дарақтар аналық ағзадан ажырамай бірге тіршілік ететін бір түрлі ағзалардың күрделі бірлестігі.*

**КОЛОНИЯ** [лат. colonia] зат. **1.** ***Отар ел*** *(жаулап алынған елде жеңген мемлекеттің қонысы; империалистік мемлекеттің жаулап алған, езіп және қанап отырған аумағы, елі).* **2.** *Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жазасын өтеп жүргендерге арналған мекеме.* **3.** биол. *Ағзалардың күрделі бірлестігі.*

**КОЛОНКА** зат. **1.** *Автокөлікке сұйық жанармай беретін құрал.* **2.** *Жер астынан суды жоғары шығарып тұратын құбыр.*

**КОЛОННА** [франц. colonne] зат. **1.** құр. *Ғимараттың ішкі бөлігіндегі тіреуіштің таянышы.* **2.** *Бірінен соң бірі лек-легімен қатарласқан шеру.*

**КОЛОНТИТУЛ** [нем. Kolumnentitel] зат. полигр. *Шығарманың аты немесе оның бөлімдерінің, тарауларының, сондай-ақ беттерінің, қатар санының жазылуы.*

**КОЛОНЦИФРА** [нем. Kolumnenziffer] зат. полигр. *Кітаптардың, журналдардың, газеттердің және т.б. әр бетіне жоғарыға немесе төменге қойылатын қатар сандары.*

**КОЛОРАД: колорад қоңызы.** зоол. *Жапырақ жегі тұқымдасына жататын жәндік, картоп және т.б. алқа тұқымдас өсімдіктердің зиянкесі.*

**КОЛОРАТУРА** [итал. coloratura] зат. муз. *Классикалық опера, вокалды музыкадағы дауысты өрнектеу тәсілдерді жиынтығы.*

**КОЛОРАТУРАЛЫҚ** сын муз. *Классикалық опера, вокалды музыкадағы дауысты өрнектеу тәсілдердің жиынтығына қатысты.*

**КОЛОРИМЕТР** [лат. color – түс, грек. metron – өлшем] зат. *Заттың бояумен (реңмен) қанығу дәрежесін анықтау үшін қолданылатын аспап.*

**КОЛОРИМЕТРЛІК:колориметрлік талдау.** хим. *Зерттелетін затты түсті қосылысқа айналдырып, оның концентрациясын ерітіндідегі бояуының қарқындылығына сай анықтауға негізделген көрнекі талдау әдісі.*

**КОЛОРИМЕТРИЯ** зат. физ. *Түсті сандық түрғыда бере алатын және оны өлшеу тәсілдері туралы ғылым.*

**КОЛОРИТ** [итал. colorito] зат. **1.** *Өнердің көп түсті шығармасында кездесетін бояудың және түстер қосындысының жалпы сипаты.* **2.** *Көркем шығарманың, сондай-ақ заманның, жер жағдайының өзіне тән ерекшелігі.*

**КОЛОША** зат. кен. *Шахталық пешке бір мезгілде тиелетін шахталық материалдардың (кокс, кентас, агломерат, флюс және отын) белгілі бір мөлшері.*

**КОЛОШНИК** зат. тех. *Шахталық пештің кентас, флюс, отын салынатын жоғарғы бөлігі.*

**Колошник газы.** физ. *Металлургиялық пештерде рудадан металл қорытылғанда шығатын әртүрлі газ.* **Колошник тозаңы**. физ. *Домна пештерінің колошнигінен газбен бірге шығатын руданың, флюстің, отынның тозаң түріндегі қалдығы.*

**КОЛУМБИТ** [лат. columbium] зат. хим. *Күрделі оксидтер класының минералы.*

**КОЛУМБИТ-ТАНТАЛИТ** зат. хим. *Оксидтер класына жататын изоморфты қатар құратын минерал.*

**КОЛУМБИЯЛЫҚ** зат. *Оңтүстік Америкадағы Колумбия мемлекетінің байырғы халқы.*

**КОЛХАМИН** зат. хим. *Медицинада рак ауруын емдеуге қолданылатын C21H25O5N - алкалоид.*

**КОЛХОЗ** зат. тар. совет. ***Ұжымшар.***

**Колхоз базары**. совет. *Ауылшаруашылығының артық өнімдерін сататын орын.* **Колхоз бастығы.** *Ұжымдық шаруашылықтың төрағасы, басқармасы.*

**КОЛХОЗАРАЛЫҚ** сын. *Ұжымшар арасындағы.*

**КОЛХОЗДАН=** ет. тар. совет. *Бірлескен шаруалардың коллективтік шаруашылыққа біріктірілуі.*

**КОЛХОЗДАН=** ет. тар. сов. *Шаруалардың ұжымдық шаруашылықтарға бірігуі.*

**КОЛХОЗДАНДЫР=** ет. тар. совет. *Бірлескен шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру.*

**КОЛХОЗДАНДЫРУ** *Колхоздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛХОЗДАНДЫРЫЛ=** ет. тар. совет. *Бірлескен шаруалардың коллективтік шаруашылыққа біріктірілуі.*

**КОЛХОЗДАНУ** *Колхоздан етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛХОЗДАС=** ет. тар. совет. *Бірігіп колхоз болып ұйымдасу.*

**КОЛХОЗДАСТЫР=** ет. тар. совет. *Бірлескен шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру.*

**КОЛХОЗДАСТЫРУ** зат. тар. сов. *Кеңес үкіметі тұсында күштеп жүзеге асырылған шаруаларды ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру үдерісі .*

**КОЛХОЗДАСТЫРУ** *Колхоздастыр етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛХОЗДАСУ** *Колхоздас етістігінің қимыл атауы.*

**КОЛХОЗДАСУШЫ** сын. тар. совет. *Колхозға мүше болып кіруші.*

**КОЛХОЗДЫ** сын. тар. совет. *Колхоздасқан, колхоз болып ұйымдасқан.*

**Колхозды ауыл**. тар. совет. *Ұжымдық шаруашылыққа біріктірілген Кеңес өкіметі тұсындағы шағын елді мекен.* **Колхозды ел.** тар. *Колхоздасқан жұртшылық (ел).*

**КОЛХОЗДЫҚ** сын. тар. сов. *Колхозға тән, колхозға қатысты.*

**КОЛХОЗШЫ** зат. тар. совет. *Колхоз мүшесі.*

**КОЛХОЗШЫЛЫҚ** зат. тар. совет. *Колхозға мүше болушылық.*

**КОЛХТАР** зат. этнон. *Көне грузин тайпаларының жалпы атауы.*

**КОЛЧЕДАН** [франц. colcedoine] зат. хим. *Көбіне күкіртті (сульфитті) минералдардан тұратын рудалардың жалпы атауы.*

**КОЛЬЕРЕТКА** [франц. collerette] зат. *Шөлмектің негізгі цилиндрлік бөлігіне емес, «мойны мен иығының» жалғаспасына жапсырылатын, ішіндегі сұйықтықтың сапасына қатысты қайсыбір анықтама беретін қосымша затбелгі.*

**КОЛЬМАТАЖ** [франц. colmatage] зат. сушар. *Жеңіл топырақты мелиорациялау әдісі, олардың механикалық құрамындағы коллоидты түйірлердің мөлшерін көбейтіп, сіңіру қасиетін жоғарылатуға арналған шара.*

**КОЛЬПИД** зат. мед. *Хламидия, трехомонад, стрептококк т.б. аурұқоздырғыштары тудыратын әйел жатыры шырышты қабығы қабынуынан болатын ауру.*

**КОЛЬРАБИ** [нем. Kohlradi] зат. бот. *Шаршы гүлділер тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдік туысы; көкөніс өсімдігі.*

**КОЛЯДКА** зат. әдеб. *Ескі әдет-ғұрыпты өлең, мейрамдарда жақсы егін болу үшін, әдемілікке, батырлыққа, ақылдылыққа талпыну мақсатында олжалы болуы үшін айтылатын өлең.*

**КОМА**[1] [грек. kome] зат. физ. *Оптикалық жүйелердің аберрациясының бірі.*

**КОМА**[2] [грек. koma] зат. мед. *Ауру адамның естен танған күйі.*

**КОМАЛЫҚ** сын. *Комаға тән, комаға қатысты.*

**КОМАГМАТИТ** зат. кен. *Көнелігі, петрохимиялық және геохимиялық ерекшеліктері тұрғысынан өте ұқсас, кеңістікте де бір-бірімен жапсарлас орналасқан, бүкіл болмыс-бітімі бір ғана магмадан жаралғандығы анық байқалатын ақтарылма таужыныстар бірлестігі немесе тектес магмалық таужыныстар жиынтығы.*

**КОМАНДА**[1] [франц. commande] зат. **1.** *Белгілі бір жұмысты, қызметті орындау үшін кем дегенде үш және одан да көп адамнан құралған топ.* **2.** спорт. *Капитан басқаратын спорт ұжымы.*

**КОМАНДА**[2] [франц. commande] зат. **1.** әск. *Командирдің белгілі бір үлгідегі ауызша берілген қысқа бұйрығы.* **2.** инф. *Электрондық есептеуіш мәшинесіндегі жеке операцияларды немесе есептеу процесінің бөлігін орындау кезінде қолданылатын амалдарды анықтауға арналған арнаулы код (нұсқау).*

**Команда берді.** әск. *Бұйырды, әмір етті.*

**КОМАНДАЛАС** сын. *Бір командадағы.*

**КОМАНДАЛЫҚ** сын. *Командаға тән, командаға қатысты.*

**Командалық пункт.** әск. а) *Ұрыста берілген әскери тапсырмаларды барынша сәтті орындау мақсатында қарамағындағы бөлімдер мен бөлімшелерге басшылық жасауды жүзеге асыратын, әскерді басқаратын негізгі орын.* ә) *Авиацияда бөлім (бөлімше) командирінің қарамағындағы бөлімшелердің ұшуы мен әрекеттеріне басшылық жасайтын басқару органы.* б) *Ұрыс (оқу) кезіндегі жеке құрам әрекетін басқаратын кеме командирінің кеме ішіндегі орны (әдетте, арнайы бөлме).*

**КОМАНДАРМ** зат. әск. *Армия командашысы.*

**КОМАНДАСЫЗ** сын. әск. *Команда алмай, команда берілмей.*

**КОМАНДАШЫ** зат. әск. *Команда беруші, әскери бастық.*

**КОМАНДИР** [франц. commandeur] зат. әск. *Әскери құрамаларда, бөлімдерде немесе әскери мекемелерде әкімшілік қызмет атқаратын ресми атағы бар адамдар – генералдар, офицерлер, прапорщиктер, сержанттар.*

**Командир шешімі.** әск. *Нақты қалыптасқан ұрыс жағдайында командирдің ұрыстық міндеттің маңызы мен оны орындау тәсілдерін анықтауы.*

**КОМАНДИРЛІК** сын. әск. *Командирге тән, командирге қатысты.*

**Командирлік даярлық.** әск. *Қарулы Күштер бекіткен офицерлер, генералдар, адмиралдарды жауынгерлік және арнайы даярлықтан өткізуде жүргізілетін оқу іс-шараларының жүйесі.*

**КОМАНДИРОВКА** [франц. commande] зат. ***Іссапар*** *(қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жаққа уақытша бару).*

**КОМАНДИРОВКАЛЫҚ** сын. *Іссапарға тән, іссапарға қатысты.*

**КОМАНДИРШЕ** үст. *Командир сияқты, командирге ұқсап.*

**КОМАНДОС** [ағыл. commandos] зат. әск. *Ұлыбритания Қарулы Күштерінің арнайы (ерекше) тапсырмаларды орындайтын жасақтары (бөлімшелері).*

**КОМАТИИТТЕР** зат. кен. *Ультранегізді эффузиялық таужыныс, перидотиттердің вулканогендік сыңары.*

**КОМБАЙН** [ағыл. combine] зат. *Бір мезгілде бірнеше егіншаруашылық жұмыстарды атқара алатын жұмыс мәшинелерінен біріктірілген күрделі агрегат.*

**КОМБАЙНШЫ** зат. *Комбайн жүргізуші.*

**КОМБАТАНАНТ** [франц. combattant] зат. әск. *Халықаралық құқықта Қарулы Күштер құрамына кіретін және соғыс уақытында қарсыласқа қарсы ұрыс қимылдарын жүргізетін адам.*

**КОМБАТАНТТАР** зат. құқық. *Халықаралық құқықта әскери әрекеттерге тікелей қатысуға құқығы бар соғысушы тараптардың құрамына кіретін тұлғалар.*

**КОМБИНАТ** [лат. combinare] зат. **1.** *Әртүрлі өндіріс салаларын бірлестіретін өндірістік кәсіпорын, өндірісті шоғырландырудың бір түрі.* **2.** *Түрлі деңгейдегі оқу-тәрбие мекемелерінің бірлестігі.*

**КОМБИНАЦИЯ** [лат. combinatio] зат. **1.** *Белгілі бір тәртіппен тіркесу, қосылып бірігу.* **2.** спорт. *Шахмат, дойбы және спорт ойындарында қолданылатын айла-амалдар.*

**КОМБИНАЦИЯЛА=** ет. *Әртүрлі амал-тәсілдердің басын қосу, біріктіру.*

**КОМБИНАЦИЯЛАН=** ет. физ. *Әртүрлі амал-тәсілдердің біріктірілуі, басы қосылуы.*

**КОМБИНАЦИЯЛАУ** *Комбинациляла етістігінің қимыл атауы.*

**КОМБИНАЦИЯЛЫ** сын. спорт. *Комбинациясы бар, комбинациядан тұратын.*

**КОМБИНАЦИЯЛЫҚ** сын. физ. *Комбинацияға тән, комбинацияға қатысты.*

**Комбинациялық жиілік.** физ. *Сызықтық емес жүйе тербелісін тудыратын гармониялық тербелістер жиілігінің қосындысына немесе айырымына тең комбинациялық тербелістер жиілігі.* **Комбинациялық шашырау.** физ. *Жарық көзінің сәулелену жиілігімен қоса, ығысқан жиіліктерде байқалатын жарық шашырауы.*

**КОМБИНЕЗОН** [франц. combinaison] зат. *Ұшқыштар, тракторшылар, шахтерлер және т. б. киетін кеудешесі мен шалбары біріктіріліп тігілген киім, өндірістік кәстөм.*

**КОМБИНЕЗОНДЫ** сын. *Комбинезон киген, комбинезоны бар.*

**КОМБРИГ** ор. зат. әск. *Бригада командирі.*

**КОМДИВ** ор. зат. әск. *Дивизия командирі.*

**КОМЕДИАНТ** [ағыл. comedian] зат. кіт. **1.** өнер. *Комедия қоюшы, комедияда ойнаушы әртіс.* **2.** ауыс. *Екіжүзді адам.*

**КОМЕДИЯ** [грек. komodia] зат. **1.** әдеб. *Драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма.* **2.** *Күлуге, мысқылдауға лайық қоғам өміріндегі елеулі қайшылықтар, күлкі туғызатын оғаш мінез, іс-әрекеттер, келеңсіз, келіссіз жайлар, оқиғалар.*

**КОМЕДИЯЛЫҚ** сын. әдеб. *Комедияға тән, комедияға қатысты.*

**Комедиялық кейіпкер.** әдеб. *Комедиялық шығармадағы персонаж.*

**КОМЕНДАНТ** [франц. commandant] зат. **1.** әск. *Қаладағы, қорғандағы немесе бекітілген аудандағы нысанды қорғау үшін тағайындалған әскерлердің бастығы.* **2.** *Жеке тұрғын үйдің немесе бірнеше тұрғын адамдары бар қоғамдық үйлердің тәртібін бақылап, басқарушы.*

**КОМЕНДАНТТЫҚ** сын. *Комендантқа тән, комендантқа қатысты.*

**Коменданттық жол ауданы.** әск. *Бірнеше әскери-көлік жолдары.* **Коменданттық жол бөлімдері.** әск. *Коменданттық жол қызметтері мен қозғалысты ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешетін, әскери-көлік жолдарын іске қосатын, оларды жөндеп, күтетін жол әскері құрамы.* **Коменданттық жол қызметі.** әск. *Әскери-көлік жолдарында әскери қозғалысқа үздіксіз басшылық жасау, тәртіптің, жол ережелерінің сақталуын бақылау үшін ұйымдастырылатын қызмет түрі.* **Коменданттық жол учаскесі.** әск. *Коменданттық жол бөлімі, ал кейде басқа әскер түрлері, бөлім және бөлімшелері қызмет көрсететін әскери-автомобильдік жол қиығы.* **Коменданттық қызмет.** әск. *Әскерлердің белгіленген уақытымен жасырын қозғалысын, шоғырлануын, ұрыстық ретке орналасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы тәртіпті сақтау мақсатында ұйымдастырылып, өткізілетін шаралар жүйесі.* **Коменданттық сағат.** *Белгілі бір мерзімге дейін ғана жүріп-тұруға рұқсат етілетін уақыт.*

**КОМЕНДАТУРА** [нем. Kommandantur] зат. әск. *Комендант басқаратын кеңсе.*

**КОМЕТА**[1] [грек. kometes] зат. астр. ***Құйрықты жұлдыз.***

**КОМЕТА**[2] зат. зоол. *Аквариумда өсірілетін кішкене балықтың түрі.*

**КОМИЗМ** зат. әдеб. **1.** *Көркем шығармадағы өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың күлкілі жақтары.* **2.** *Өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді күлкілі етіп бейнелейтін шығарма.*

**КОМИК** [грек. komikos] зат. **1.** әдеб. *Комедия авторы.* **2.** өнер. *Күлкілі рөлдерді ойнайтын актер.* **3.** *Өзінің сөзімен немесе қылығымен күлдіретін адам.*

**КОМИКА** зат. кіт. *Өнердегі көркем-шығармадағы күлкілі жағдай.*

**КОМИКАЛЫҚ** зат. *Өмір мен өнердегі күлкілі жағдай.*

**КОМИКС** [ағыл. comics] зат. *Ойды алдандыру сипатындағы өтпелі хикаяны беретін, қысқа мәтіндері бар суреттер сериясы.*

**КОМИЛЕР** зат. этнон. *Ресей Федерациясы құрамындағы Коми Республикасында тұратын халық.*

**КОМИНТЕРН** зат. тар. ***Коммунистік интернационал.***

**КОМИССАР** [франц. commissaire] зат. **1.** *Әртүрлі елдерде үкімет жүктеген ерекше немесе мәнді қызметтерді атқаратын өкіл.* **2.** тар. совет. *XX ғасырдың басында мемлекеттен қоғамдық-саяси немесе әкімшілік шаралар жүргізуге арнайы өкілдік алған басшы, қызмет бабындағы адам лауазымы.* **3.** әск. *Әскери бөлімнің командирімен қатар әскерлердің жауынгерлік, саяси, материалдық-шаруашылық жай-күйіне, олардың жауынгерлік міндеттерді орындауына жауапты адам.*

**КОМИССАРИАТ** [франц. commissariat] зат. *Мемлекеттік және әкімшілік мекемелердің жиынтық аты.*

**КОМИССАРЛЫҚ** зат. сөйл. **1.** ***Комиссар.*** **2.** *Комиссар қызметі.*

**КОМИССИОНЕР** [франц. commissionnaire] зат. *Сауда келісіміндегі делдал: белгілі мөлшердегі сыйлық үшін, комитенттің пайдасы үшін соның есебінен, бірақ өз атынан делдалдық жасайтын адам.*

**КОМИССИЯ**[1] [лат. commissio] зат. **1.** *Арнаулы бір тапсырманы орындау үшін немесе мәселені шешу үшін белгіленген адамдар тобының уақытша немесе үнемі болып тұратын мәжілісі.* **2.** *Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін, мәселені алдын ала талқылау, шешім, заң жобасын даярлау үшін құрылған алқалы орган.*

**КОМИССИЯ**[2] [лат. commissio] зат. экон. **1.** *Комитенттің тапсырмасымен сыйақыға, комитенттің мүддесі үшін және соның есебінен өз атынан мәміле жасауға міндеттенетін екі жақты шарт түрі.* 2. *Комиссионердің комитенттің тапсырмасымен сыйлық алу үшін өз атынан келісім жасағаны үшін берілетін төлем.*

**КОМИССИЯЛЫҚ** зат. экон. *Комиссияға тән, комиссияға қатысты.*

**Комиссиялық сараптама.** экон. *Тергеушінің (соттың) қаулысы (ұйғарымы) бойынша бір немесе бірнеше мамандықтағы сарапшылар комиссиясының жүргізетін сарапшылық зерттеуі.* **Комиссиялық сауда.** экон. *Сауда кәсіпорындары мен жекелеген азаматтар арасында жасалған комиссия шартына негізделген сауда нысаны .*

**КОМИССУРЛАР** зат. биол. *Бір сегменттегі түйіндерді бір-бірімен жалғастырып тұратын көлденең ұластырғыш.*

**КОМИССУРОТОМИЯ** зат. мед. **1.** *Оташылықта жүректің қақпақшалы тесіктерін тарылтып тұрған жабыспаларды кесу.* **2.** *Оташылықта жұлынның сұрғылт қосылыстарын кесу.*

**КОМИТЕНТ** [лат. comittens] зат. экон. *Комиссионерге өз атынан мәміле жасауға тапсырма беретін тұлға.*

**КОМИТЕТ** [франц. comite] зат. **1**. *Белгілі бір қызметті атқаратын мемлекеттік басқару органы.* **2.** *Шаруашылық, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын сайланбалы коллегиялық орган.*

**КОММЕНСАЛИЗМ** [франц. commensal] зат. биол. *Әртүрлі жануарлардың бір-біріне зиян келтірмей, бірге тіршілік етуі.*

**КОММЕНТ** зат. жаргон. *Комментарий (әлеуметтік желілерде білдірілген қысқа пікір).*

**КОММЕНТАРИЙ** [лат. commentarium] зат. **1.** *Мәтінде, кітапта кездесетін бір жағдайды жолшыбай түсіндіре кету, ұғындыру; түсіндірмелі ескертулер.* **2.** *Бұқаралық ақпарат құралдарында бір нәрсеге орай журналист баяндамасы немесе сын ескертпелер, пайымдау.*

**КОММЕНТАТОР** зат. *Комментарий жасаушы, түсіндіруші (журналист).*

**КОММЕРСАНТ** [франц. commercant] зат. **1.** экон. *Кәсіптік негізде кәсіпкерлік сауда қызметін жүргізетін адам.* **2.** жағымсыз. ***Алыпсатар.***

**КОММЕРЦИЯ** [лат. commercium] зат. экон. *Қызмет және тауарды сатуға атсалысу немесе сатуға қатысу, саудааралық жұмыс және сауда.*

**КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ** зат. жаңа. экон. *Ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пактикада қолданумен байланысты нарыққа жаңа, жақсарған тауар, үдеріс, қызметтерді шығару арқылы экономикалық тиімділікке қол жеткізу мақсатындағы әрекет, қызмет.*

**КОММЕРЦИЯЛАУ** зат. жаңа. экон. *Ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пактикада қолданумен байланысты нарыққа жаңа, жақсарған тауар, үдеріс, қызметтерді шығару арқылы экономикалық тиімділікке қол жеткізу мақсатындағы әрекет, қызмет.*

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ** зат. *Коммерцияға тән, коммерцияға қатысты.*

**Коммерциялық атаулар.** экон. *Тауар жеткізілімінің шарттарын (базисін) көрсететін атаулар, яки халықаралық келісімшарттарда өте жиі кездесетін коммерциялық терминдер мен сөз тіркестерін түсіндіру жөніндегі халықаралық ережелер.* **Коммерциялық баға.** экон. *Коммерциялық дүкендерде сатылатын мемлекеттің жоспарлы бағасының бір түрі.* **Коммерциялық банк.** экон. *Лицензияға және қолданыстағы заңнамаға сүйеніп коммерциялық негізде банк операцияларын жүзеге асыру құқығы берілген заңды тұлға, яки кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар үшін әмбебап банк операцияларын жүзеге асырушы ірі несие мекемесі.* **Коммерциялық білім беру.** экон. *Ақылы білім беру.* **Коммерциялық вексель.** экон. *Жай немесе аудармалы вексель серіктестігі, мемлекеттік агент немесе банктік холдинг-серіктестігі, арнаулы қамтамасыз етілмейтін банктің несие лимитін қолдайтын және қысқа мерзімге берілетін несие.* **Коммерциялық есеп.** экон. *Кәсіпорынның ісіне пайда түсіруді қамтамасыз ету мақсатымен, кәсіпкерлік іс-әрекеттерді тұрақты ақылай түрде шығын шығарып жүзеге асырып отыратын шаруашылықты басқару әдісі.* **Коммерциялық есепшот.** экон. *Сатушының сатып алушыға жеткізіліп берілген тауарға тиісті көрсетілген төлемді төлегені жөніндегі талаптарды білдіретін құжат.* **Коммерциялық кәсіпорын.** экон. *Заңи тұлға құқығы берілген, өзін-өзі қаржыландыру жағдайында коммерциялық қызметпен айналысатын және барынша көп пайда алуды көздейтін оқшауландырылған дербес шаруашылық бірлігі.* **Коммерциялық кредит.** экон. ***Коммерциялық несие.*** **Коммерциялық қауіпсіздендіру ісі.** экон. *Коммерциялық қауіпсіздендіру серіктестіктері – кәсіпкерлердің ісін түрлі апаттардан, табиғат зардаптарынан, коммерциялық қауіп-қатер және басқалай зияндардан қауіпсіздендіру жөніндегі іс.* **Коммерциялық құпия.** экон. *Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттық нақты немесе әлеуетті коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялығын сақтауға шара қолданатын ретте коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат.* **Коммерциялық қызмет.** экон. *Пайданы шығару мақсатында шикізаттарды, бөлшектерді, дайын тауарларды және оны әрі қарай тұтынушыларға дайын етіп сату.* **Коммерциялық несие.** экон. *Сатушылардың сатылған тауарға төлемді кейінге қалдыру немесе төлем мерзімін ұзарту*

*түрінде сатып алушыға тауар ретінде берілетін несие.* **Коммерциялық сарап**. экон. *Несие беретін мекемелердің ақша қаражаттарының жағдайын, сонымен бірге келешектегі жоспарда берілетін несиені коммерциялық экспerттік қызметтегі банк-несие иесінің күшімен жүргізетін сарап.* **Коммерциялық сатып алу.** экон. *Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамға заңсыз ақша, бағалы қағаздар немесе басқа мүлік беру (сондай-ақ заңсыз алу), сондай-ақ оның өз қызмет бабын сатып алушы адамның мүддесіне пайдалануы үшін оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету.* **Коммерциялық табу бонусы.** экон. *Келісімшартта көрсетілген аумақтағы әрбір коммерциялық табу кезінде, оның ішінде кен орындарында қосымша бақылау жүргізу барысында табылған пайдалы қазбалардың бастапқы белгіленген запастарды ұлғайтқаны үшін жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін тіркелген біржолғы міндетті төлем.*

**КОММИВОЯЖЕР** [франц. commis voyageur] зат. экон. *Зат иесінің тапсыруымен оның тауарларын сатып алатын адамды іздеп, рыноктан рынокқа ауысып жүретін өткізуші, зат иесінің тапсырмасын орындайтын адам.*

**КОММУНА** [франц. commune] зат. тар. **1.** *Еңбек, мүлік ортақтығы бойынша бірлескен адамдар ұжымы.* **2.** *Батыс Европаның ірі қалаларында өзін-өзі басқару еркіндігін алған қауымның атауы.* **3.** совет. *1920-30 жылдардағы ауылшаруашылығын ұжымдастыру қозғалысының бір түрі.*

**КОММУНАЛДЫҚ** сын. *Қала шаруашылығына, өндірістік пункттерге қатысты.*

**Коммуналдық ағындылар**. сушар. *Елді мекендердің ақаба сулары.* **Коммуналдық гигиена**. экол. *Қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсерін зерттейтін гигиена саласы.* **Коммуналдық мәшинелер.** *Елді мекендердің аумағында, қоғамдық үйлердің ішінде санитарлық тазарту жұмыстарын жүргізуге, кір жууға және химиялық әдіспен тазартуға пайдаланылатын, сондай-ақ сұқұбырын, газ, жылу және электр жүйелерін жедел жөндеуге қажетті әртүрлі мәшинелер мен құралдар.* **Коммуналдық төлемдер.** экон. *Елді мекендердегі тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғынжайды меншіктенушілерге мамандандырылған мемлекет және жергілікті кәсіпорындар көрсететін коммуналдық қызметтердің төлемақысы.* **Коммуналдық шаруашылық**. *Қалалар мен поселкелердің тұрғындарының коммуналдық-тұрмыстық қажеттерін өтейтін кәсіпорындардың, қызмет көрсету орындарының кешені.*

**КОММУНАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Коммуналдық***.

**КОММУНАР** [франц. communard] зат. тар. **1.***1871 жылғы Париж Коммунасына қатынасушы.* **2.** *Коммуна мүшесі.*

**КОММУНИЗМ** [франц. communisme] зат. тар. **1.** *Өндіріс құрал-жабдықтарына жекеменшікті жоққа шығаруға, мүлік ортақтығы, әлеуметтік теңдікке негізделген утопиялық социализмнің бір түрі.* **2.** *Әлеуметтік теңдік пен мүлік ортақтығына негізделген қоғамдық-саяси құрылыс.*

**Коммунизм елесі.** тар. *Адамдардың әділ және мүлтіксіз жетілген қоғамдық-саяси құрылысты аңсаған ғасырлар бойғы арманын бейнелейтін әлеуметтік-саяси ой нобайланған жорамал үлгі.*

**КОММУНИКАТИВТІЛІК** зат. мат. *Кейбір бинарлық логикалық және математикалық операциялар немесе функциялардың сол заттарға пайдаланылған операциялардың кейінгі ретпен алынған нәтижесі, қасиеті.*

**КОММУНИКАЦИЯ** [лат. communicatio] зат. **1.** *Қатынас жолдары: көлік жүрісінің маршруттары, байланыс каналдары, қала шаруашылығының жер астындағы жүйесі және т.б.* **2.** лингв. *Сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу; таным-дық-еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма.*

**КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ** [лат.communications] сын. *Байланыстырушы, жеткізуші, қарым-қатынас орнататын.*

**Коммуникациялық бағдарлама.** инф. <ағыл.communications program (software)> *Компьютер мен модемнің басқа компьютермен және модеммен қатынас құруына мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарлама.* **Коммуникациялық хаттама**. инф. <ағыл. communications protocol> *Қысқа мерзімде стандартты пішімді пайдаланып, мәліметтерді желінің бір торабынан (түйінінен) екіншісіне жеткізуді атқаратын мүмкіндіктер (спецификациялар) жиыны.*

**КОММУНИСТ** зат. тар. совет. *Коммунистік партияның мүшесі.*

**КОММУНИСТІК** сын. тар. совет. *Коммуниске тән, коммуниске қатысты.*

**Коммунистік қоғам.** тар. *Өндіріс құрал-жабдықтарына меншікті жоққа шығарып, мүлік ортақтығы, әлеуметтік теңдік т.с.с. коммунизм принциптеріне негізделген қоғам.* **Коммунистік Интернационал**. тар. *Жұмысшылардың халықаралық революцияшыл ұйымы, дүниежүзі коммунистік партияларының бірлестігі.* **Коммунистік партия**. а) *Әлемнің бірқатар елдерінде құрылған марксшіл-саяси ұйымдардың ортақ атауы.* ә) тар. совет. *Коммунизм құруды мақсат етіп, марксшіл-лениншіл ілімді негізге алған, әр тарихи кезеңді айқындайтын бағдарламалары болған, ұйымдық құрылысы жарғысында көрініс тапқан бұрынғы КСРО-дағы билеуші партия.* **Коммунистік тәрбие.** совет. *Социалистік мораль талаптары рухында берілетін тәлім-тәрбие.*

**КОММУНИСШЕ** үст. *Коммунист сияқты, коммуниске ұқсап.*

**КОММУТАТОР**[1] [лат. commutare] зат. **1.** физ. *Электрлік тізбектің жалғанар ұшын таңдап алуға және оны өзге тізбекпен жалғастыруға, ажыратуға, ауыстырып қосуға арналған құрылғы.* **2.** тех. *Байланыс торабының екі және одан көп құрылғы арасындағы мәліметтер ағынының бағытын өзгертіп, жалғастырып тұратын құрылғы.*

**КОММУТАТОР**[2] [ағыл. switch] зат. инф. *Модульдерден тұратын порттар саны.*

**КОММУТАЦИЯ** [лат. commutatio] зат. **1.** инф. *Байланыс торабының коммутациялық құрылғыларында электрлік қосындыларды, сымдарды, кабельдерді, байланыс желілерін, аппараттарды, аспаптарды әртүрлі ауыстырып қосу.* **2.** лингв. *Тілдің екі белгісінің тұлғалық жағынан сәйкес келіп, мазмұны жағынан әртүрлі болатындығын білдіретін қатынас.*

**КОММУТАЦИЯЛАН=** ет. *Уақытша қосылу, жалғастырылу.*

**КОММУТАЦИЯЛЫҚ** сын. инф. *Коммутацияға тән, коммутацияға қатысты.*

**Коммутациялық модем.** инф. <ағыл. dial-up modem> *Жұмыс істеу үшін немесе арендалық телефон желілерін пайдаланбай, қарапайым коммутациялау желісін пайдаланатын модем.*

**КОММЮНИКЕ** [франц. communique] зат. қоғ.-саяси. *Халықаралық келісімдер туралы үкіметтік ресми хабар.*

**КОМОД** [франц. commode] зат. *Киім және басқа да нәрселер салынатын бірнеше тартпалы жалпақ, тапал шкаф.*

**КОМПАНИЯ** [франц. compagnie] зат. **1.** экон. *Заңды және жеке тұлғалардың сауда, өнеркәсіп, көлік, сақтандандыру немесе басқа нысандардағы бірлестігі; заңды тұлға.* **2.** *Уақытын бірге өткізіп жүрген адамдар тобы; белгілі бір мақсатпен біріккен бір топ адам.*

**КОМПАНЬОН** [лат. compagnon] зат. экон. **1.** *Саудалық немесе өндірістік кәсіпорынға қатысушылар.* **2.** *Бір адамның біреумен бірлесіп, серіктестікке, серіктік мүшесіне кіріп, бір нәрсе жөнінде іспен айналысуы.*

**КОМПАРАТИВИЗМ** [лат. comparativus] зат. әдеб. **1.** *Әлемнің әртүрлі елдерінің әдебиетіндегі байланыстар мен әсерлердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін қарастыратын әдебиет тарихының бөлімі.* **2.** *Әдебиеттану ғылымында орын алған салыстырмалы-тарихи әдіс.*

**КОМПАРАТИВИСТ** зат. әдеб. *Компаративизмді жақтаушы, салыстырмалы әдісті ұстанушы.*

**КОМПАРАТИВТІК** сын. *Салыстырмалы ғылыми-зерттеу арқылы жалпы және ерекше құбылыстарды анықтау, қарастырылып отырған кезеңдегі даму үрдісін айқындау әдіс.*

**КОМПАРАТОР** [лат. comparator] зат. **1.** тех. *Мәліметтердің екі көшірмесін салыстыра отырып, олардың дұрыстығын, ұқсастығын тексеру құрылғысы, өлшенетін шаманы эталонмен салыстыруға арналған өлшеу аспабы.* **2.** инф. *Компьютердегі уақыт өлшеу регистрі.*

**КОМПАС** [итал. compasso] зат. ***Тұсбағдар*** *(жердің бетінде бағдарлауға арналған магнитті тілі үнемі солтүстікке қарап тұратын, градустарға (румбтарға) бөлінген шкаласы бар бағытты бағдарлап, анықтауға арналған аспап).*

**КОМПАУНД** [ағыл. compound] зат. физ. *Асфальт, парафин және түрлі майларды араластырып жасаған изоляциялық материал.*

**КОМПАУНДИРЛЕУ** зат. кен. *Белгіленген сападағы мұнай өнімін алу мақсатында екі немесе бірнеше компонентті араластыру үдерісі.*

**КОМПЕНДИУМ** [лат. compendium] зат. *Белгілі бір ғылымның, зерттеудің, тағы басқаларының негізгі ережелерінің тұжырымдалған, жинақталған мазмұны.*

**КОМПЕНСАТОР** [лат. compensare] зат. тех. **1.** *Құрылыстардың, жүйелердің, мәшинелердің, аппараттардың, құралдардың күйіне және жұмыс істеуіне тиетін сыртқы факторлардың әсерінің орнын толтыруға немесе теңестіруге арналған құрылғы не толтырғыш зат.* **2.** *Бұрандалы өлшеу құралдары мен металл кесетін станокта жұмыс бұрандасы қадамының қатесін азайтатын құрылғы.*

**КОМПЕНСАТОРЛЫҚ** сын. тех. *Компенсаторға тән, компенсаторға қатысты.*

**КОМПЕНСАЦИЯ** [лат. compensatio] зат. экон. ***Өтемақы*** *(орнын толықтыру, төлеуін беру, жоғалғанды орнына салу).*

**КОМПЕНСАЦИЯЛА=** ет. *Өтемақы беру, орнын толтыру.*

**КОМПЕНСАЦИЯЛАУ** *Компенсацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОМПЕНСАЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Компенсацияға тән, компенсацияға қатысты.*

**КОМПЕТЕНТТІ** сын. *Құзырлы, белгілі бір саланы жетік білуші; өзінің білімі жағынан мәселені шешуге, ол жөнінде пікір айтуға құқы, уәкілдігі бар (адам).*

**КОМПЕТЕНЦИЯ** [лат. competere] зат. **1**. ***Құзырет*** *(заңмен, жарғымен немесе өзге құжатпен берілген өкілеттіктер шеңбері).* **2**. ***Біліктілік*** *(белгілі бір саладағы білім, тәжірибе).*

**КОМПИЛЯТОР** [ағыл. compiler] зат. инф. **1.** *Жоғарғы деңгейлі бағдарламалау тілінде жазылған алғашқы бағдарламаны мәшинелік тілге (алгоритмдік тілдер, түсіндіргіш, аударғыш) түрлендіретін компьютердің жалпы математикалық жасақтамасының құрамды бөлігі.* **2**. *Жоғары деңгейлі тілде жазылған бағдарламаны мәшинелік кодқа түрлендіруші аударғыш.* **3.** *Барлық бағдарламаларды олардың орындалуынсыз мәшинелік командаға аударатын аударғыш.* **4.** *Бағдарламалық модульдерді құрастыратын бағдарлама-аударғыш.*

**КОМПИЛЯЦИЯ** [ағыл. compilatio] зат. инф. *Жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінде әзірленген бағдарламаны немесе жеке бағдарламалық модульді мәшине тіліндегі*

*бағдарламаға не мәшине тіліне жуық бағдарламаға аудару.*

**КОМПИЛЯЦИЯЛА=** ет. инф. *Кейбір алгоритмдік тілде жазылған бағдарламаны нақты бір процессордың мәшинелік командалардың тізбегіне аудару.*

**КОМПИЛЯЦИЯЛАУ** *Компиляцияла етістігінің қимыл атауы.*

**Компиляциялау уақыты.** инф. <ағыл. compiling time> *Компилятордың жұмысына жұмсалған уақыт.*

**КОМПЛЕКС** [лат. complexus] зат. ***Кешен*** *(бір бүтін құрайтын заттардың немесе құбылыстардың жиынтығы).*

**Комплекстің тұрақсыздық константасы.** физ. *Комплекстің диссоциациялану процесінің тепе-теңдік константасы.*

**КОМПЛЕКСОМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Титрант ретінде белгілі құрауыштың үлгісімен тұрақты ерімтал кешенді қосылыс түзетін қосылыс ерітіндісі алынатын титриметриялық талдау түрі.*

**КОМПЛЕКСОН** [лат. complexus] зат. хим. *Құрамдарында HOO $CH_2$ N атомдар топтасатын, металл атомдарымен ішкі комплексті қосылыстар түзетін лиганд.*

**КОМПЛЕКСОНОМЕТРИЯ** зат. хим. *Титрант ретінде белгілі компоненттің үлгісімен тұрақты ерімтал комплексті қосылыс түзетін қосылыс ерітіндісі алынатын титриметриялық анализ түрі.*

**КОМПЛЕКСТҮЗУШІ** зат. хим. *Кешентүзуші (кешен жасауда шешуші немесе кешен түзуге қатысушы нысан).*

**КОМПЛЕКСТІ** сын. ***Кешенді.***

**Комплексті автоматтандыру**. тех. ***Кешенді автоматтандыру*** (*өндірісті автоматтандырудың аса маңызды түрі).* **Комплексті бригада.** сов. *Мамандығы әртүрлі, бірақ өндіріс процестері арқылы бір-бірімен байланысты адамдардың басын қосатын бригада.* **Комплексті жабдықтау**. тех. ***Кешенді жабықтау*** (*тұтастай өнеркәсіптік кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді оған көрсетілетін қажетті техни калық көмек түрлері баяндалған құжатта рымен жеткізіп беру).* **Комплексті қосылыстар**. хим. ***Кешенді қосылыстар*** (*екі немесе бірнеше қарапайым молекулалардан құралған химиялық күрделі заттар).* **Комплексті механикаландыру**. тех. ***Кешенді механикаландыру*** (*өндіріс процесі барысында орындалатын барлық негізгі және қосалқы жұмыстарға мәшинелер мен механизмдерді қолдану).* **Комплексті өткізгіштік**. физ. ***Кешенді өткізгіштік*** (*электр тізбегіндегі айнымалы ток күшінің әсер етуші мәнінің оның қысқышындағы кернеудің әсер етуші мәніне қатынасына тең шама).*

**КОМПЛЕКСТІК** сын. ***Кешендік*** (*кешенге тән, кешенге қатысты).*

**КОМПЛЕКСТІК** зат. геол. ***Кешенділік*** *(микрорельефке байланысты топырақ жамылғысының кезектесе орналасуы, алалығы).*

**КОМПЛЕКТ** [лат. completus] зат. ***Жиынтық*** *(бірін-бірі толықтыратын, белгілі бір құрал-саймандардың, заттардың т.б. толық жиынтығы).*

**КОМПЛЕКТІЛІК** зат. тех. ***Жиынтық.*** **1.** *Кәсіпорынның атқаратын жұмысына керекті мәшинелермен, механизмдермен, жабдықтармен тиісті мөлшерде қамтамасыз етілуі.* **2.** *Тапсырыс берушілерге жіберілген өнімдердің техникалық нормалар мен ережелерде көрсетілгендей детальдармен, қосалқы бөлшектермен толық қамтамасыз етілуі.*

**КОМПЛЕМЕНТАРЛЫҚ** зат. физ. *Реакцияласатын молекулалардың бір-біріне сәйкестігі.*

**КОМПЛЕМЕНТЕР** зат. экон. *Тікелей жауапты серіктестік.*

**КОМПОЗИТ** зат. хим. *Әртекті химиялық құрауыштардан құралған материал.*

**КОМПОЗИТОР** [лат. compositor] зат. ***Сазгер*** *(музыка жазушы, музыкалық шығарманың авторы).*

**КОМПОЗИЦИЯ** [лат. compositio] зат. **1.** әдеб. *Әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастықбірлігі.* **2.** өнер. *Композитордың немесе суретшінің шығармашылық еңбегінен туған шығарма (музыка, кескіндеме, мүсін немесе графика).* **3.** өнер. *Музыка шығару теориясы.* **4.** *Көбінесе көрермендердің, тыңдармандардың, оқырмандардың танымымен анықталатын, мазмұнымен, сипатымен, белгілеуімен, жанрмен шартталатын публицистикалық шығарманың құрамы.* **5.** *Әртүрлі заттардың қоспасы.*

**КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ** сын. *Композицияға тән, композицияға қатысты.*

**КОМПОНЕНТ** [лат. componens] зат. *Құрамына бір жай немесе күрделі зат кіретін жүйенің құрамбөлігі.*

**Синтаксистік компонент.** лингв. *Сөйлемнің немесе айтылымның бөліктері.*

**КОМПОСТЕР** [франц. composteur] зат. тех. *Бақылау немесе тіркеу кезінде құжаттарға (мысалы, теміржол билеттеріне, чектерге) белгі соғатын қысқыш тәрізді аспап немесе аппарат.*

**КОМПОТ** [нем. Kompott] зат. тамақ. *Қант салынған суға қайнатылған, жас немесе кептірілген жемістердің шырыны.*

**КОМПРАДОР** [испан. comprador] зат. экон. *Экономикасы мешеу дамыған елдерде шетел капиталы мен ұлттық рынок арасында делдалдық жасаушы жергілікті саудагер.*

**КОМПРАДОРЛЫҚ** сын. *Компрадорға тән, компрадорға қатысты.*

**Компрадорлық буржуазия.** саяси. *Ұлттық мүддеден өз бас пайдасы мен дүние-мүлік, байлығын жоғары қоятын сатқын дәулетті өктем тап.*

**КОМПРЕСС** [франц. compresse] зат. мед. *Суға не дәріге малып, ауырған жерге, жараға тартатын бинт, мақта, шүберек сияқты заттар.*

**КОМПРЕССИЯ** [лат. compressio] зат. физ. *Іштен жанатын қозғалтқышта, компрессорда және басқа құрылғыда ауаның, газдың сығылуы, қысылуы.*

**КОМПРЕССОР** [лат. compressus] зат. физ. *Ауаны, газды, буды тиісті қысымға дейін сығатын мәшине.*

**КОМПРЕССОРЛЫ** сын. физ. *Компрессор орнатылған, компрессоры бар.*

**КОМПРЕССОРЛЫҚ** сын. физ. *Компрессорға тән, компрессорға қатысты.*

**КОМПРИМИРЛЕУ** зат. хим. *Қысым және температураның жоғарылауымен өтетін газды немесе буды сығу процесі.*

**КОМПРОМАТ** зат. саяси. *Қоғамдық тұлғалардың немесе басқа да қоғам мүшесінің беделіне нұқсан келтіру, оны жұртшылық алдында әшкерелеуге сияқты жатпиғылды мақсаттар үшін жасырын жолмен арнайы жиналған теріс мәнді ақпарат, дерек.*

**КОМПРОМИСС** [лат. compromissum] зат. *Ымыра, өзара жеңілдік жасауға көну жолымен қол жеткен келісім.*

**КОМПЬЮТЕР** [ағыл.computer] зат. инф. *Есептеу және ақпараттық мәселелерді шешу процестерінде ақпаратты автоматты түрде өңдеуге арналған техникалық құралдар жиынтығы.*

**Компьютер атауы.** инф. *Есептеу желісінде компьютерді (есептеу мәшинесін) шатастырмай табуға мүмкіндік беретін, ұзындығы 15 латын символынан аспайтын бірегей (өте сирек кездесетін) атау.* **Компьютер буындары**. инф. <ағыл. computer name> *Сәулеті мен элементтік негізінің түрлері бойынша біріктірілген, тарихи қалыптасқан компьютер топтары.* **Компьютер вирусы**. инф. <ағыл. computer virus> *Орындалатын файлдарда, дискілердің жүйелік аймақтарында, драйверлерде, құжаттарда және т.б. орналасқан, өз көшірмелерін автоматты түрде басқа бағдарламаларға жазатын шағын көлемді арнайы жазылған зиянкес бағдарлама.* **Компьютердің көмегімен конструкциялау**. инф. <ағыл. computer aided desing> *Автоматты түрде жобалау мен құрастыруға арналған бағдарламалар кешені.* **Компьютердің негізгі элементтері**. инф. *Ақпарат түрлендіруді орындайтын қарапайым электрондық схемалар.* **Компьютердің разрядтылығы**. инф. <ағыл. number of digitsper machine word> *Мәшинелік командаға бөлінген екілік разрядтардың санымен анықталатын компьютердің сипаттамасы.* **Компьютердің шапшаңдығы**. инф. <ағыл. computer speed> *Компьютер бір секундта орындайтын элементар операциялар саны.* **Компьютердің элементтік базасы**. инф. *Компьютердің қызметтік құрылғылары схемаларын жасауға арналған негізгі электрондық элементтер (электрондық шамдар, транзисторлар, интегралдық схемалар).* **Компьютер жады**. инф. <ағыл. memory> *Мәліметтерді жазуға, сақтауға және беруге арналған құрылғы.* **Компьютер желісі**. инф. <ағыл. computer network> *Желінің ортақ есептеу қорларын пайдалану үшін тұтынушылар қатынас құра алатын электронды есептеуіш мәшинелер мен абоненттік стансылар жиыны.* **Компьютер командасы**. инф. *Компьютер жұмысының бір қадамын анықтайтын мәшине тіліндегі жарлық.* **Компьютер құрылымы**. инф. <ағыл. computer structure> *Компьютердің құрамын және оған кіретін құрауыштарды анықтайтын (тағайындайтын) модель.* **Компьютер операторы**. инф. *Компьютерде жұмыс істейтін және есептеу процесін жасақтайтын маман.* **Компьютер ресурсы.** инф. <ағыл. resource of computer> *Мәселені шешу үшін пайдалануға болатын бағдарламалық және аппараттық құралдардың мүмкіндігі.*

**КОМПЬЮТЕР-КЛИЕНТ** зат. инф. <ағыл. client computer> *Басқа компьютерге ұсынылатын мәліметтер мен бағдарламаларды пайдаланатын желі компьютері.*

**КОМПЬЮТЕРЛЕНДІР=** ет. инф. *Компьютерлік қызмет көрсету өнеркәсібінің даму процесі және оны қоғамда кеңінен пайдалану, кәсіпорындарды, мекемелерді және оқу орындарын компьютерлік техникалармен жабдықтау және оны қолдану саласында тұрғындарға жалпы білім берудің деңгейін арттыру.*

**КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУ** *Компьютерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**КОМПЬЮТЕРЛІК** сын. *Компьютерге тән, компьютерге қатысты.*

**Компьютерлік бірлестік.** инф. <ағыл. computer family> *Бір немесе бірнеше тегі бірдей процессор мен архитектураның ұқсас элементтерінің негізінде құрылған компьютерлер желісі.* **Компьютерлік вирус**. инф. <ағыл. computer virus> *Орындалатын файлдарда, дискілердің жүйелік аймақтарында, драйверлерде, құжаттарда және т.б. орналасқан, өз көшірмелерін автоматты түрде басқа бағдарламаларға жазатын шағын көлемді арнайы жазылған зиянкес бағдарлама.* **Компьютерлік графика.** инф. а) <ағыл. computer graphics> *Компьютер экранында мәтіннен өзге графикалық кескіндерді бейнелеу.* **Компьютерлік желі**. инф. <ағыл. bitnet, computer network> а) *Халықаралық Internet желісімен жалғастырылған үлкен желі.* ә) *Ақпараттарды өңдеу, сақтау және жеткізуге арналған өзара байланысқан компьютерлер мен терминалдар жүйесі.* **Компьютерлік қалыптау.** инф. *Оператордың компьютерде редакция секретариатының алдын ала терілген мәтіндері, сондай-ақ иллюстрацияланған және графикалық материалдары бойынша жасалған макеті негізінде газеттер және журналдар алқаптарын құрастыру үрдісі.* **Компьютерлік қарым-**

**қатынастық орта.** инф. <ағыл. computer communication mdium> *Компьютердің көмегімен адамдар арасында ақпарат алмасудың құралдары мен шарттарының жиынтығы.* **Компьютерлік қылмыс.** инф. <ағыл. computer crime> *Тиісті өкілдігі жоқ тұлғаның зиян келтіру мақсатымен компьютерлік жүйелерге заңсыз қатынас құруы.* **Компьютерлік лингвистика**. лингв. *Тіл қызметін модельдеуге қатысты компьютерлік бағдарламалар мен тілдік деректерді өңдеу, қажетті компьютерлік технологияны жинақтау, басқа да тіл зерттеу жұмыстарымен байланысты қолданбалы лингвистиканың саласы.* **Компьютерлік модель.** инф. <ағыл. computer model> а) *Таңдалынған бағдарламалық ортаға бейімделінген ақпараттық модельді ұсыну формасы.* ә) *Бағдарламалық ортаның құралдарымен жасалынған модель.* **Компьютерлік музыка ассоциациясы.** инф. <ағыл. Computer Music Association> *Компьютерлік музыка бойынша халықаралық конференция ұйымдастыратын ассоциация.* **Компьютерлік ойын.** инф. *Көңіл көтеру, оқу және жаттығу мақсатында адамның компьютермен белгілі бір ойын алгоритмі бойынша жұмыс істеуі.* **Компьютерлік революция.** инф. <ағыл. computer revolution> *Дербес компьютердің жалпылама таралуы.* **Компьютерлік сауаттылық.** инф. <ағыл. computer literacy> *Практикалық жұмыстарда компьютерді қолдану біліктілігі.* **Компьютерлік технология.** инф. <ағыл. computer technology> *Компьютерлік өңдеу базасындағы ақпараттық технология.* **Компьютерлік томография.** мед. *Сәулелік диагностиканың жаңа түрі.* **Компьютерлік фанат.** инф. <ағыл. geek> *Компьютер туралы өте көп білетін адам .*

**КОМСОМОЛ** зат. тар. совет. **1.** *Кеңес өкіметі кезінде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында құрылған жастардың қоғамдық-саяси ұйымы. //Комсомол ұйымы ның мүшесі.* **2.** сөйл. *Комсомол комитеті.*

**Комсомол жастар бригадасы [фермасы].** тар. совет. *КСРО кезіндегі комсомол қатарына өткен, он жылдық мектепті бітірген жастардан ерікті, еріксіз түрде бригада, ферма түрінде жасақталған, негізінен ауылшаруашылық жұмыстарын атқаратын жастар тобы.* **Комсомол комитеті**. тар. совет. *Комсомол жұмысын басқаратын жергілікті ұйым.* **Комсомол ұйымы**. тар. совет. *Комсомол жастардың басын қосатын орган.*

**КОМСОМОЛДАЙ** сын. тар. совет. *Комсомол сияқты, комсомол тәрізді.*

**КОМСОМОЛДЫҚ** сын. тар. совет. *Комсомол мүшесіне тән, комсомол мүшесіне қатысты.* **Комсомолдық жолдама.** тар. совет. *Белгілі бір тапсырманы, жұмысты атқаруға ерікті, еріксіз түрде жіберілетін комсомол жастарға берілетін жолдама.*

**КОМСОМОЛЕЦ** зат. тар. совет. *Комсомол мүшесі.*

**КОМСОМОЛИЯ** зат. тар. совет. *Комсомолдың жалпы атауы.*

**КОМСОРГ** зат. тар. совет. *Белгілі бір ұжымдағы, мекемедегі комсомол ұйымының секретарі.*

**КОМСОСТАВ** [ор.] зат. тар. совет. *Команда беруші құрам.*

**КОМУЗ** зат. ***Қомыз*** *(үш ішекті, музыкалық аспап, қобыз).*

**КОМУЗШЫ** зат. ***Қомызшы*** *(қомыз тартатын адам).*

**КОМФОРТАБЕЛЬДІ** [ағыл. comfortable] сын. *Қолайлы, жайлы.*

**КОН**[1] зат. спорт. *Қалашықтың ішіндегі белгіленген бөлшек.*

**КОН**[2] зат. *Карта ойынындағы ортадағы карта.*

**КОНВЕЙЕР** [ағыл.conveyer] зат. **1.** *Сусыма, кесек жүктерді, санаулы нәрселерді жақын араға таситын, үздіксіз жұмыс істейтін мәшине.* **2.** инф. *Екі бағдарлама арасындағы байланыс тәсілі.*

**КОНВЕЙЕРЛЕНДІР** = ет. инф. *Процессордың бірнеше ішкі құрылғысын бір-біріне тәуелсіз және қатарласа жұмыс істету.*

**КОНВЕЙЕРЛЕНДІРУ** *Конвейерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**КОНВЕЙЕРЛІК** сын. *Конвейерге тән, конвейерге қатысты.*

**Конвейерлік жүйе**. инф. <ағыл. pipeline system> *Мәліметтерді конвейерлік өңдеуді жасақтайтын компьютер.* **Конвейерлік өңдеу.** инф. <ағыл. pipeline processing> *Конвейерлік өңдеу негізінде конвейер принципі жататын мәліметтерді өңдеу.*

**КОНВЕКТИВТІ** сын. физ. *Конвекциялы, конвекция қатысқан.*

**Конвективті жауын-шашын.** метеор. *Жер бетіндегі жылынған ауаның жоғары өрлей қозғалуы (конвекция) барысында қалыптасатын, будақ-жаңбырлы бұлттардан жауатын, қысқа мерзімді, бірақ өте қарқынды нөсер түріндегі (кейде бүршақ аралас жауатын) жаңбыр.*

**КОНВЕКТОР** [лат.convector] зат. тех. *Бір орталықтан жылыту жүйесінің жылытқыш аспаптарының бір түрі.*

**КОНВЕКЦИЯ** [лат.convectio] зат. **1.** физ. *Ортаның (газдың, сұйықтықтың) макроскопиялық бөлшектерінің, массалардың, жылудың және т.б. физикалық шамалардың тасымалдануына себепші болатын қозғалысы.* **2.** сушар. *Мұхит сулары араласуының маңызды механизмі.* **3.** метеор. *Жер бетінен ысыған тығыздығы төмен ауа массасының атмосферада жоғары көтеріліп, салқын (тығыздығы жоғары) ауа массасының төмен ге түсуі.*

**КОНВЕКЦИЯЛЫ** сын. тех. *Конвекция қатысқан, конвекция араласқан.*

**КОНВЕКЦИЯЛЫҚ** сын. тех. *Конвекцияға тән, конвекцияға қатысты.*

**Конвекциялық ағыс.** тех. *Сұйық немесе газ бөлшектерінің температурасындағы айырмашылықтар әсерінен туындайтын, сол бөлшектердің жоғары-төмен қозғалуымен сипатталатын ағым.*

**КОНВЕНТ** [лат. conventus] зат. қоғ.-саяс. *Кейбір елдерде конституцияны өзгерту үшін шақырылатын заң шығару органы.*

**КОНВЕНЦИОНАЛДЫ** сын. филос. *Келісімшартқа сай.*

**КОНВЕНЦИОНАЛИЗМ** [лат. conventio] зат. филос. *Материалдық және жаратылыстану ғылымы ілімі негізіне еркін келісім жататын, ғылымның философиялық талқылауындағы идеалистік бағыт.*

**КОНВЕНЦИЯ** [лат. conventio] зат. **1.** *Сауданың, ақша айналысының, еңбек қатынастарының, салықтар мен баж алымдарын өндіріп алудың, экспортимпортқа баға белгілеудің т.б. ортақ ережелерін сақтау көзделетін көп жақты халықаралық келісімшарт.* **2.** экон. *Мекемелер мен ұжымдардың бір-бірімен тапсырысты болу, өткізу және реттеу мәселесі бойынша экономикалық келісім.*

**КОНВЕНЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Конвенцияға тән, конвенцияға қатысты.*

**Конвенциялық баж салығы.** экон. *Мемлекеттер арасындағы келісімшарт бойынша белгіленген кедендік алымдар.*

**КОНВЕРГЕНТТІ** сын. физ. *Конвергенция нәтижесінде жуықтаған.*

**Конвергентті жұп.** физ. *Тангенциалдық қозғалыстардың шеткі аймақтардан орталыққа қарай жылжуы нәтижесінде қалыптасқан қатпарлы егіз жүйенің (әдетте миогеосинклиндер) бір-бірімен тоқайласу пішіні.*

**КОНВЕРГЕНТТІК** зат. филос. *Бір нәрсеге бейімділік, бір нәрсемен жақындасу.*

**КОНВЕРГЕНЦИЯ** [лат.convergere] зат. **1.** биол. *Ағзаның сыртқы не ішкі құрылысындағы, шыққан тегінің бірлігіне емес, ұқсас тіршілік жағдайына бейімделуге байланысты пайда болған белгілердің ұқсастығы.* **2.** физиол. *Бақыланатын нысанның бейнесі екі көзге бірдей мейлінше жақсы көрінетін алаңға келетіндей етіп көздердің қиысуы.* **3.** лингв. *Тілдің тарихи дамуы барысында әртүрлі екі дыбыстың (фонеманың) бір дыбысқа айналуы.* **4.** кен. *Әртүрлі петрогендік процестер нәтижесінде қалыптасқан құрамы мен құрылысы жағынан ұқсас таужыныстар.* **5.** филос. *Қоғам дамуына байланысты туындаған бір-бірінен тәуелсіз өзара ұқсас немесе бірыңғай мәдени құбылыстар.*

**Конвергенция теориясы.** психол. *Преформизм (нативизм) мен сенсуалистік теория (эмпиризм) біржақтылығын болдырмауға тырысудан туған баланың психикалық дамуы туралы теория.*

**КОНВЕРСИЯ** [лат.conversio] зат. **1.** экон. *Бұрын шығарылған мемлекеттік заем шарттарының өзгеруі.* **2.** инф. *Мәліметтерді өңдеудің бір әдісінен екіншісіне немесе мәліметтерді өңдеудің бір жүйесінен екіншісіне өту үрдісі.* **3.** физ. *Кейбір газдарды жоғары температурада өңдеу процесі.* **4.** әск. *Азаматтық және әскери салалар арасындағы қаражаттық, еңбек және материалдық ресурстардың бөлінуіндегі тепе-теңдіктің бұзылуы.* **5.** биол. *Бактерия вирустары зақымдағанда, бактерия белгілерінің өзгеруі.* **6.** лингв. *Ешқандай қосымшаның көмегінсіз түбір не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жаңа сөз жасайтын сөзжасам тәсілі.*

**КОНВЕРСИЯЛАН=** ет. экон. *Бір елдің валютасын екінші елдің валютасына айырбастау мүмкіндігі.*

**Конверсияланатын валюта.** экон. ***Еркін айналатын валюталар***.

**КОНВЕРСИЯЛАНУ** *Конверсиялан етістігінің қимыл атауы.*

**КОНВЕРСИЯЛЫҚ** сын. экон. *Конверсияға тән, конверсияға қатысты.*

**КОНВЕРТ** [франц. couvert] зат. *Белгілі бір жаққа жіберу үшін (хат, кітап т.б. нәрселерді) төрт бұрышты не үш бұрышты етіліп қағаздан жасалатын пакет.*

**КОНВЕРТЕР** [ағыл. converter] зат. геол. *Балқытылған шойынды ауамен немесе оттекпен үрлеу арқылы болат алуға (мысалы, қалайы, мыс-қалайы штейндерін алуға) арналған металлургиялық агрегат.*

**КОНВЕРТЕРЛІК** сын. *Конвертерге тән, конвертерге қатысты.*

**Конвертерлік процесс**. физ. *Балқыған шойынды конвертерде оттек бар газдармен немесе техникалық таза оттекпен үрлеудің нәтижесінде болатқа айналдыру процесі.*

**КОНВЕРТОР** [ағыл. convertor] зат. инф. **1.** *Сигналдар деңгейін түрлендіруге, мәліметтерді жеткізу жылдамдығын және бір тасуыштан екінші тасуышқа өтуін өзгертуге арналған құрылғы.* **2.** *Мәліметтерді бір пішімнен басқа пішімге түрлендіретін бағдарлама.*

**КОНВОЙ** [гол. konvooi] зат. *Қылмысты адамды бақылап айдап жүруші, қарауыл, қарулы бақылаушы.*

**КОНГЛОМЕРАТ** [лат. conglomeratus] зат. **1.** кен. *Жұмырланған сынық тастардың өзара табиғи шемеңделуі нәтижесінде пайда болған тығыз жыныс.* **2.** экон. *Әртүрлі салалардағы фирмаларды біріктірген қаржылық және ұйымдастыру бақылауымен біріктірудің бір түрі.*

**КОНГЛОМЕРАТ-БРЕКЧИЯ** зат. геол. *Құрамындағы тасмалталар (жұмырлана өңделген кесектер) мен үшкір кесектердің мөлшері бір-бірімен қарайлас, конгломераттар мен брекчиялардың аралығына сәйкес келетін ірі кесекті шөгінді таужыныс.*

**КОНГЛОМЕРАТТЫҚ** сын. *Конгломератқа тән, конгломератқа қатысты.*

**КОНГОЛЫҚТАР** зат. *Банту тобына жататын халық.*

**КОНГРЕСС** [лат. congressus] зат. **1.** *Халықаралық қоғамдық немесе ірі ғылыми жиналыс.* **2.** *Америка Құрама Штаттарында, Латын Америкасының елдерінде және басқа кейбір мемлекеттерде заң шығарушы парламенттің бір палатасы.*

**КОНГРУЭНТТІЛІК** [лат. congruens] зат. геом. *Элементар геометриядағы кесінділердің, бұрыштардың, ұшбұрыштардың және басқа фигуралар мен денелердің теңдігін белгілеу үшін қолданылатын бірлік.*

**КОНГРУЭНЦИЯ** зат. биол. *Түрішілік қатынас барысында пайда болатын дарақтардың өзара бейімделуі.*

**КОНДЕНСАТ** [лат. condensatum] зат. физ. *Будың салқындатылуынан пайда болған өнім.*

**КОНДЕНСАТОР** [лат. condensare] зат. **1.** физ. *Екі немесе одан да көп металл пластинкалардан құралған, электр күшін жинайтын аспап.* **2.** тех. *Заттың газ тәрізді (бу тәрізді) күйден сұйық затқа немесе кристалды затқа айналуын жүзеге асыратын аппарат.*

**КОНДЕНСАТОРЛЫҚ** сын. тех. *Конденсаторға тән, конденсаторға қатысты.*

**КОНДЕНСАТТАН=** ет. *Газ күйіндегі заттың суыту немесе сығу арқылы сұйық не қатты күйге ауыстырылуы.*

**КОНДЕНСАТТАНУ** *Конденсаттан етістігінің қимыл атауы.*

**Конденсаттану реакциясы.** физ. *Екі және одан көп жай заттардан күрделі қосылыстар түзілуі.*

**КОНДЕНСАЦИЯ** [лат. condensatio] зат. физ. *Заттың газ қалпынан сұйыққа айналуы не қатаюы, булануға қарама-қарсы үрдіс.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛА** = ет. хим. *Заттың газ қалпына сұйыққа айналдыру не қайталау.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛАН=** ет. *Заттың жинақталуы, қатуы не сұйылуы.*

**Конденсацияланған қосылыстар.** хим. а) *Бейорганикалық және органикалық қосылыстардың конденсациялану реакцияларының барысында түзілетін өнімдері.* ә) *Құрамына өзара жұптаса жалпы байланысқан циклдер жүйесі кіретін изоциклді қосылыстар.* **Конденсацияланған су.** геол. *Таужыныстардың қуыстарындағы (мысалы, ыстық лаваларда) және тау-кен қазбаларындағы атмосфералық ауада болатын су буларының конденсациялануы жолымен пайда болатын жерасты суы.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛАНУ** *Конденсациялан етістігінің қимыл атауы.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛАУ** хим. *Конденсацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛЫ** сын. хим. *Конденсация қатысқан, конденсациясы бар.*

**Конденсациялы турбина.** хим. *Электр стансысында электр энергияны ғана шығаратын (тұтынушыларды жылылық энергиямен қамтамасыз етпейтін) бу турбина.*

**КОНДЕНСАЦИЯЛЫҚ** сын. физ. *Конденсацияға тән, конденсацияға қатысты.*

**Конденсациялық қондырғы.** физ. *Құрамында конденсаттор және оның жұмысына қажетті сорғылар, вакуумды демеп тұратын қондырғы, су құбырлары, арматуралар, реттеуіш және өлшеуіш құрылғылары бар қондырғылар жиынтығы.* **Конденсациялық су**. физ. *Бу түріндегі ылғалдың қоюлануынан түзілетін су.*

**КОНДЕНСОР** [лат. condensare] зат. физ. *Нәрсеге жарықты шоғырландырып түсіретін ерекше линза.*

**КОНДИЛАРТР** [лат. condylarthra] зат. биол. *Негізінен өсімдіктермен қоректенетін, тез жүгіруге бейім, ертедегі тұяқтылар отрядының бір тобы.*

**КОНДИТЕР** [лат. conditor] зат. **1.** *Тәтті тағам.* **2.** *Тәтті тағамдар дайындайтын маман және сол тағамдарды сатушы.*

**Кондитер өнеркәсібі**. тамақ. *Жете механикаландырылған, автоматтандырылған кәсіпорындары бар тамақ өнеркәсібінің ірі саласы.* **Кондитер өнімдері.** тамақ. *Құрамында қанты көп өнімдер.*

**КОНДИТЕРЛІК** сын. *Кондитерге тән, кондитерге қатысты.*

**Кондитерлік майлар**. тамақ. *Табиғи майлардан немесе майлардың өңделген түрлерінің қоспасынан дайындалатын майлар.*

**КОНДИТЕРШІ** зат. *Тәтті тағамдар дайындайтын маман және сол тағамдарды сатушы.*

**КОНДИЦИОНЕР** [лат. conditio] зат. тех. *Үйдің ішінде, көлікте ауаның температурасын, ылғалдылығын, тазалығын, құрамын тиісті нормаға келтіруге және сол нормада ұстауға арналған агрегат.*

**КОНДИЦИЯ** [лат. conditio] зат. экон. *Белгілі бір өнімнің қасиеттері (сапасы, мөлшері, ылғалдылық көлемі т.с.с.) туралы шарттар.*

**КОНДИЦИЯЛА=** ет. экон. *Тауардың, материалдың, өнімнің және т.б. белгілі бір нормаға сай болуы, қажетті сапа қалыбына келуі.*

**КОНДИЦИЯЛАН=** ет. кіт. *Жегіне жеткізілу.*

**Кондицияланған концентрат.** кен. *Пайдалы құрамбөліктер мен қоспалар мөлшері, ылғалдылығы, түйіршектерінің ірілігі жөнінен белгілі бір стандарттық талаптарға сай келетін концентрат.*

**КОНДИЦИЯЛАУ** *Кондицияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОНДИЦИЯЛЫҚ** сын. *Белгілі бір талапқа жауап беретін, шартты нормаларға, стандарттарға сай келетін, тиісті сапасы бар.*

**КОНДОМИНИУМ** [лат. condominium] зат. құқық. **1.** *Екі немесе бірнеше мемлекеттің белгілі бір аймақты өзара келісім бойынша бірге иемденіп, бірлесе басқаруы.* **2.** *Тұрғындардың үйге, жер телімдеріне бірлесіп иелік етуі.*

**КОНДОР**[1] [исп. condor] зат. зоол. *Өлексемен қоректенетін, ірі жыртқыш құстардың тегіне жататын үлкен құс, тазқара.*

**КОНДОР**[2] зат. *Кейбір Оңтүстік Америка елдерінде алтын стандартын жоюға дейінгі айналымдағы испан алтын монетасы.*

**КОНДУИТ** [франц. conduite] зат. экон. *Биржада құнды қағазды шығару кезінде, оны таркату алдында халыққа жарияланбауына байланысты банк пен треске байланыстылығы.*

**КОНДУКТОМЕТРИЯ** [ағыл. cohductivity] зат. хим. *Түрлі ерітінділердің электр өткізгіштігін анықтауға негізделген физикалық-химиялық анализ әдісі.*

**КОНДУКТОМЕТРЛІК** сын. хим. *Кондуктометрияға қатысты.*

**Кондуктометрлік талдау.** хим. *Ерітіндінің электр өткізгіштігін өлшеуге негізделген сандық талдау әдісі.*

**КОНДУКТОР**[1] [лат.conductor] зат. **1.** тех. *Металл өңдейтін станоктың жонатын аспапқа дұрыс бағыт беріп, оны берік ұстап тұратын тетігі.* **2.** тех. *Күрделі пішінді бұйымдарды жинап, дәнекерлегенде, өзара нақты орналасуын қам тамасыз ететін құрылғы (мыс., кеме корпусының секциялары және блоктары, вагон рамалары т.б.).*

**КОНДУКТОР**[2] зат. *Теміржол пойызы мен қалалық көліктерде жолаушыларға қызмет ететін адам.*

**КОНИМЕТР** зат. тех. *Ауадағы тозаң мөлшерін анықтайтын аспап.*

**КОНКАТЕНАЦИЯ** зат. кіт. *Нысандарды бір тізбекке жайғастыруға не байланыстыруға қатысты ортақ термин.*

**КОНКИСТАДОР** [исп. conquistador ] зат. тар. *Конкиста, яғни XV-XVI ғасырлардағы Жаңа әлемнің Американы аумағын отарлау жорығына қатысушы испандық немесе португалдық жаулап алушы.*

**КОНКОРДАТ** [лат. concordare] зат. *Белгілі бір мемлекеттің үкіметі мен Рим папасының арасындағы келісім.*

**КОНКОРРЕНТ** зат. экон. *Банктің клиентпен барлық операциялары ескерілетін бірыңғай шот, несие шотының ағымдағы шотпен тіркесімі.*

**КОНКРЕМЕНТТЕР** зат. мед. *Түрлі тұздардың, коллоид заттардың ішек-қарнында, бездердің өзегінде қатайып шөгуі салдарынан пайда болатын тастар.*

**КОНКРЕТТІ** [лат. concretus] сын. *Анық, ақиқат, нақты.*

**КОНКРЕЦИЯ** [лат. concretio] зат. кен. *Шөгінді таужыныстары мен тұнбаларда кездесетін жұмыр пішінді минералдық түзілімдер.*

**КОНКУРЕНТ** [лат. concurriens] зат. ***Бәсекелес.***

**КОНКУРЕНЦИЯ** [лат. concurrentia] зат. ***Бәсеке*** *(өнім өндірушілер арасындағы мүдделерін қанағаттандыруда және тұтынушыларға өз өнімдерін, істелген жұмыс, көрсетілген қызметтерін ұсынудағы бақталастық).*

**КОНКУРС**[1] [лат. concursus] зат. экон. **1.** *Несиегерлердің талабын қанағаттандыруда, қарызын өтей алмайтын қарыздар және арыз тәртібі.* **2.** *Келісімшарт жасауда, тапсырманы алуға, тауарға ие болуға, мүлік құнын жекешелендіруге, қызмет алуына барлық қатысушылар ішінен үміткерлер шағын санын таңдау.*

**КОНКУРС**[2] [лат. concursus] зат. ***Байқау*** **1.** *Үздік шығып, сыйлық, награда алу үшін, оқу орындарына оқуға түсу т.б. үшін жарысу.* **2.** *Балалар арасында ғылым, әдебиет, өнер және т.б. салалар бойынша өткізілетін жарыс.* **3**. *Мемлекеттік лауазымға іріктеу тәсілдерінің бірі.*

**Конкурс жарияланды.** кіт. *Шығармашылық жұмыстардың ішінен таңдаулы туындыларды іріктеу үшін баспа бетінде жарыс, бәйге болатыны жөнінде ресми түрде арнайы хабарланды.*

**КОНКУРСТЫҚ** сын. *Байқауға тән, байқауға қатысты.*

**Конкурстық комиссия**. ***Байқау комиссиясы*** *(бос тұрған мемлекеттік-әкімшілік қызметші лауазымына орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға уәкілдік берілген алқалы орган).*

**КОННЕКСИОНИЗМ** зат. логика. *Когнитивистикада танымдық процестерді зерделеуге қатысты көзқарас тұрғысы.*

**КОННЕКСТЕР** зат. зоол. *Шіріген ағаштарда, жануарлардың өлексесінде, экскременттерінде тіршілік етуге бейімделген ағзалар тобы.*

**КОННЕКТОРЛАР** зат. биол. *Вегетативті көбею арқылы биоценоз қабатын түзетін басым түрлер.*

**КОННОТАЦИЯ** [көне лат. connotare] зат. лингв. *Тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық рең білдіруі.*

**КОНОДА** зат. физ. *Күй диаграммасындағы іліктес фазалардың күйін бейнелейтін нүктелерді қосатын сызық.*

**КОНОДОНТ** [лат. conodonti] зат. биол. *Құрып біткен жәндіктердің фосфор-қышқылды кальцийден тұратын тіс тәрізді ұсақ түзілімдер түріндегі қалдығы.*

**КОНОСАМЕНТ** [франц. connaissement] зат. экон. *Теңіз тасымалы шартының талаптары баяндалған, тауар бөлуге арналған құжат.*

**КОНОСКОП:** **коноскоп мүсіні**. физ. *Кристалдарды ажыратқыш микроскоп арқылы жекеленген сәулелердің тоғысу нүктесінде зерттеу нәтижесінде алынатын арнаулы оптикалық кескіндер атауы.*

**КОНОСКОПИЯ** зат. физ. *Поляризациялық микроскопта байқалатын интерференциялық суреттің көмегімен кристалдардың оптикалық қасиетін оқып-зерттеу.*

**КОНСАЛТИНГ** [ағыл. consulting] зат. экон. *Шаруашылықты басқарушыларға және түрлі ұйымдардың басқарушы қызметкерлеріне кәсіби көмек көрсету, кеңес беру, оқыту жөніндегі серіктестіктің жұмысы.*

**Консалтинг қызмет пен фирмалар.** экон. *Экономика, медицина, құқық және т.б. сияқты белгілі бір саладағы әлдеқандай практикалық мәселелер бойынша мамандардың кеңестерін пайдаланып көрсетілетін қызмет түрлері.*

**КОНСАЛТИНГТІК** сын. экон. *Консалтингке тән, консалтингке қатысты.*

**Консалтингтік компания.** экон. *Өндірушілерге, сатушыларға, сатып алушыларға сараптамалық, техникалық және экономика-лық қызмет саласында ақыл-кеңес беру қызметін көрсететін арнаулы компаниялар.*

**КОНСЕНСУС** [лат. consensus] зат. филос. **1**. ***Пәтуа*** *(пікірдің, ойдың бірлігі, адамдардың өзара келісімі).* **2**. *Халықаралық, мемлекетішілік т.б. келісімдерді, құжаттарды ортақ келісімге келе отырып, зерттеп дайындау және қабылдау әдісі.* **3**. *Халықаралық конференцияларда, кеңестерде және халықаралық ұйымдарда осы форумға қатысушылардың бірде-біреуі оған қарсы шықпаған жағдайда ресми дауыс берудi өткізбей-ақ, қатысушылардың ортақ келісуі негізінде шешімді немесе шарт мәтінін қабылдау.*

**КОНСЕРВАТИВТІ** сын. филос. *Қоғамдағы дәстүрлі институттарға иек арта отырып, әлеуметтік процестерді тұрақтандыруға тырысатын, адамзат дамуындағы ілгерілеудің мүмкіндіктеріне күдікпен қарайтын.*

**Консервативті жүйе.** физ. *Барлық сыртқы күштерді стационар және әлеуетті, ал барлық ішкі күштері әлеуетті механикалық жүйе.* **Консервативті күш.** физ. *Жұмысы түсу нүктесінің бастапқы күйінен соңғысына дейін өтетін жолға тәуелсіз күш.*

**КОНСЕРВАТИВТІК** [лат. conservativus] сын. саяси. *Жаңа, жаңашылдардан гөрі дәстүрлі институттарға көп иек артатын, жаңа нәрселерге күдікпен қарайтын.*

**КОНСЕРВАТИЗМ** [франц. conservatisme] зат. қоғ.-саяси. *Тарихи қалыптасқан саяси және қоғамдық өмірді өзгеріссіз сақтауға тырысатын әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі.*

**КОНСЕРВАТОР** [лат. conservator] зат. **1**. *Ескі тәртіптерді сақтауды жақтайтын, ілгерілеушілікке, жаңалықтар мен өзгерістерге қарсы адам.* **2**. қоғ.-саяси. *Консервативтік партияның мүшесі.*

**КОНСЕРВАТОРИЯ** [итал. conservatorio] зат. *Жоғары дәрежелі музыкалық білім беретін оқу орны.*

**КОНСЕРВАЦИОНИЗМ** зат. филос. **1**. *Биосфера мен оның барлық бөліктерін өзгермеген, алғашқы күйінде толық және сөзсіз сақтауға шақыратын батыстық экологистік ағым.* **2**. *Табиғатты бастапқы күйінде сақтау (немесе сол күйге қайтару) мүмкін дейтін утопиялық экологиялық түсінік.*

**КОНСЕРВАЦИЯ** [лат. conservatio] зат. **1**. тех. *Қозғалтқыштарды, станоктарды т.б. жұмыссыз тұрған кезде немесе оларды ұзақ уақыт сақтау кезінде тот басудан қорғайтын техникалық шаралар.* **2**. архит. *Сәулет өнері ескерткіштерін мезгіл мен кейінгі жаңғыртулар салдарынан бұзылған бейнесін қалпына келтірмей сақтауға пайдаланылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы.* **3**. хим. *Антисептикалық дәрілермен өңдеу, сырлау арқылы ағашты және ағаш өнімдерін шіруден сақтау амалдары.*

**КОНСЕРВАЦИЯЛА=** ет. *Басталған құрылысты немесе кәсіпорынның жұмысын белгілі бір себеппен тоқтатып тастау.*

**КОНСЕРВАЦИЯЛАУ** *Консервацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОНСЕРВІ** [франц. conserve] зат. тамақ. *Арнайы өңделген және тұмшаланған герметикалық қалбырда сақталатын көкөніс, жеміс-жидек және жануар тектестердің өнімінен жеуге дайын және жартылай дайын азықтар.*

**Консерві өнеркәсібі.** тамақ. *Өсімдік және жануар тектес өнімдерді (жемістерді, көкөністерді, сүтті, етті, балықты) өңдейтін тамақ өнеркәсібінің саласы.* **Консервілердің қампаюы**. тамақ. *Консерві қалбырлары бетінің көтеріліп кетуі: консервідегі микроағзалардың көбеюіне байланысты газдардың пайда болуы.*

**КОНСЕРВІЛЕ=** ет. тамақ. *Тамақ өнімдерінің сапасын ұзақ сақтау үшін өнімдегі ферменттердің әсерінен жүретін биохимиялық процестерді тоқтататын, өнімдегі микроағзаларды жоятын тәсілдермен өңдеу.*

**КОНСЕРВІЛЕУ** *Консервіле етістігінің қимыл атауы.*

**Консервілеу тәсілдері.** физ. *Микробтарды құрту және ферменттерді бұзу немесе олардың әрекетіне қолайсыз жағдай туғызу мақсатында өнімдегі ашытқы, зеңдерді, бактерияларды жою үшін өнімді қажетті уақыт бойы 75-100 °С аралығындағы температурада өңдеу.*

**КОНСИГНАНТ** [ағыл. consignatio] зат. экон. **1**. *Белгілі бір мерзімде тауарды сақтайтын делдалдың қоймасына тауарды жеткізуші.* **2**. *Делдалға тауарды өз атынан сатуды тапсыратын тауар иесі.*

**КОНСИГНАТОР** [ағыл. consignatio] зат. экон. *Қызметін атқару үшін қажетті бөлмелері мен жабдықтары, өткізілетін тауарлары бар делдал.*

**КОНСИГНАЦИЯЛА=** ет. экон. *Шетелге апарып комиссиондық формада тауар сату.*

**КОНСИГНАЦИЯЛЫҚ: консигнациялық сауда.** экон. *Тауарлар иесінің тапсырмасымен оларды шетелдегі қоймадан ұйымдастырылған сату.*

**КОНСИЛИУМ** [лат. consilium] зат. *Сыры белгісіз бір ауруды табу және оны емдеу әдістерін белгілеу үшін жүргізілетін дәрігерлердің кеңесі.*

**Консилиум жасады.** *Консилиум өткізді, кеңесті.*

**КОНСИСТЕНЦИЯ** [лат. consistere] зат. физ. *Заттың қоюлық шамасы, тығыздық деңгейі.*

**КОНСИСТЕНЦИЯЛЫ** сын. *Консистенциясы бар, консистенциядан тұратын.*

**КОНСИСТОМЕТР** зат. физ. *Ерітінді, езінді, қоймалжың денелердің қоюлық дәрежесін (консистенциясын) өлшейтін механикалық немесе электр аспап.*

**КОНСОЛИДАЦИЯ** [лат. consolidatio] зат. **1**. қоғ. *Адамдарды, әлеуметтік топтарды, қоғамдық ұйымдарды белгілі бір ортақ мақсат үшін біріктіру.* **2**. экон. *Түскен пайданы неғұрлым сенімді акцияларға салу, елдің сақтаулы валюта қорындағы ұлттық валютаны жаңа халықаралық ақша активтеріне айырбастау.*

**КОНСОЛИДАЦИЯЛА=** ет. экон. *Қысқа мерзімге шығарылған мемлекеттік заемдарды ұзақ мерзімді заемға айналдыру, бірнеше ескі мемлекеттік заемдарды ұзақ мерзімге шығарылған жаңа бір заемға біріктіру .*

**КОНСОЛЬ** [франц. console] зат. **1**. құрыл. *Үй құрылысында темір-бетон арқалықтың қабырғадан біраз шығып тұратын бөлігі.* **2**. инф. *Мәліметтерді компьютердегі қолданбалы бағдарламаларға енгізу мен одан нәтиже алуды қамтамасыз ететін құрылғы.*

**КОНСОЛЬДІ** сын. құрыл. *Консолі бар, консоль қолданылған.*

**Консольді сорғы**. құрыл. *Жұмыс атқару қағидасына және жұмыс органдарының құрылымына қарай динамикалық, камерадағы жұмыс процесіне байланысты қалақшалы, жұмыс доңғалағы қалақшаларының ағынды сұйықтыққа тигізер әсеріне байланысты ортатепкіш түріне жататын сорғы.*

**КОНСОНАНС** [франц. consonance] зат. муз. *Музыкалық дыбыстардың құлаққа жағымды үндестігі, дыбыстардың өзара үйлесуі, диссонансқа қарама-қарсы ұғым.*

**КОНСОНАНСТЫҚ** сын. муз. *Консонансқа тән, консонансқа қатысты.*

**КОНСОНАНТ** зат. лингв. *Дауыссыз дыбыс.*

**КОНСОНАНТИЗМ** зат. лингв. *Тілдің дауыссыз дыбыстар жүйесі.*

**КОНСОНАНТТЫҚ** сын. лингв. *Дауыссыз дыбысқа тән.*

**КОНСОРБЕНТ** [лат. consortio] зат. биол. *Консорцияның едәуір көп мүшелері, ценотиптің бір түрі.*

**КОНСОРТ** [ағыл. consort] зат. физ. *Консорция мүшесі.*

**КОНСОРЦИУМ** [лат.consortium] зат. **1**. *Мақсатты ірі бағдарламалар мен жобаларды, оның ішінде ғылыми-техникалық, құрылыс, табиғат қорғау және басқа бағдарламалар мен жобаларды шешу үшін ерікті түрде уақытша бірлестік ретінде құрылған кәсіпорындар.* **2**. экон. *Бір топ монополистер арасында монополиялық жоғары пайда табу үшін мемлекеттік және жеке заемдарды, акция және басқа да бағалы қағаздарды таратуға байланысты, сондай-ақ белгілі бір коммерциялық әрекетті жүзеге асыру мақсатында жасалатын келісім.*

**КОНСОРЦИУМДЫҚ** сын. экон. *Консорциумға тән, консорциумға қатысты.*

**КОНСОРЦИЯ** [лат. consortium] зат. биол. *Өзара тығыз байланысқан және қауымдастықтың орталық мүшесіне тәуелді әр текті ағзалар жиынтығы.*

**КОНСПЕКТ** [лат. conspectus] зат. пед. *Белгілі бір шығарманың, дәрістің, сөйлеген сөздің және т.б. қысқаша жазылған мазмұны.*

**Конспект жазды.** *Кітап, дәріс, баяндаманың мазмұнын қысқаша жазды, конспектіледі.*

**КОНСПЕКТІЛЕ=** ет. *Кітаптың, дәріс, баяндаманың немесе мақаланың мазмұнын, негізгі тұжырымдарын қысқаша түрде жазу.*

**КОНСПЕКТІЛЕУ** *Конспектіле етістігінің қимыл атауы.*

**КОНСПИРАЦИЯ** [лат. conspiratio] зат. *Астыртын жұмыс істейтін ұйымның және оған қатысушылардың жұмысын құпия сақтауға мүмкіндік беретін шаралар.*

**КОНСПИРАЦИЯЛА=** ет. *Астыртын жұмыс істейтін ұйым мен оған қатысушылардың жұмысын құпияда сақтауы.*

**КОНСПИРАЦИЯЛАУ** *Конспирацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КОНСПИРОЛОГИЯ** зат. саяси. *Қоғамдық қастандық теориясы, белгілі тарихи оқиғалардың себептерін жекелеген биліккұмар немесе осы оқиғаны басқаруды қолға алғысы келген кландық, т.б. өз ашкөз мүдделерін ойлайтын топардың қастандық әрекетінің салдары деп түсіндіретін болжалдар жиынтығы.*

**КОНСТАНТ** [лат. constans] зат. физ. ***Константа.***

**КОНСТАНТА** [лат. constans] зат. физ. *Математикалық, физикалық т.б. процестерде кездесетін тұрақты шама.*

**КОНСТАНТАН** [лат. constans] зат. физ. *Құрамына 39-41% никель, 1-2% марганец кіретін мысқа негізделген құйма.*

**КОНСТАНТТЫЛЫҚ** зат. *Тұрақтылық, қалыптылық, өзгермеушілік.*

**КОНСТАТАЦИЯ** [франц. constatation] зат. *Мәлімдеме, анықтама, негіздеме.*

**КОНСТИТУЦИЯ**[1] [лат. constitutio] зат. саяси. *Мемлекеттің негізгі заңы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялайтын, оларға кепілдік беретін, елдегі әлеуметтік құрылыстың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысанын, орталық және жергілікті билік органдарының негіздерін, олардың құзыреті мен өзара қарым-*

*қатынастарын, мемлекеттік рәміздерді және астананы айқындайтын өкімдік акт, актілердің немесе конституциялық рәсімдердің жиынтығы, атазаң.*

**Конституция күні.** *Конституция қабылданған күн.*

**КОНСТИТУЦИЯ**[2] [лат. constitutio] зат. биол. *Дене құрылысының бітісі.*

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ**[1] сын. құқық. *Конституцияға тән, конституцияға қатысты.*

**Конституциялық билік.** қоғ.-саяси. *Белгілі бір іс-қимылдардың, құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін қамтамасыз ететін билік.* **Конституциялық кеңес**. құқық. *Конституциясының сақталуын, нормаларының бұзылмауын бақылайтын ерекше сот органы.* **Конституциялық кеңес актілері.** құқық. *Конституциялық Кеңестің отырысында қабылданатын шешімдер.* **Конституциялық кеңес мүшелерінің иммунитеті.** құқық. *Конституциялық Кеңес мүшелерінің өз құқықтары мен міндеттерін ешбір кедергісіз әрі тиімді қамтамасыз етудің бірден-бір құралы.* **Конституциялық құқық.** заң. <ағыл. constitutional law> *Мемлекеттік билік институттарының ұйымдық принциптерін, қызмет ету тәртібін, азаматтардың құқықтық ахуалы мен олардың мемлекетпен қарым-қатынасын реттейтін құқық саласы.* **Конституциялық сот.** құқық. *Бірқатар елдердегі конституциялық бақылау бірден-бір немесе басты міндеті болып табылатын ерекше орган.*

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ**[2] сын. *биол. Дене бітіміне қатысты.*

**Конституциялық су**. геол. *Минералдардың кристалдық торына иондары түрінде кіретін су.*

**КОНСТРУКТИВТІ** сын. *Құрастырылымдық, алмалы-салмалы, бөлшектенетін.*

**КОНСТРУКТИВТІК** сын. *Құрылымды, құрастырылымды.*

**КОНСТРУКТОР** зат. *Жасаушы, құрушы.*

**КОНСТРУКТОРЛЫҚ** сын. *Конструкторға тән, конструкторға қатысты.*

**КОНСТРУКЦИЯ** [лат. constructio] зат. **1.** тех. *Мәшине, құрылыс механизмдерінің құрылысы.* **2.** лингв. *Сөздердің грамматикалық құрылысы.*

**КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ** сын. *Конструкцияға тән, конструкцияға қатысты.*

**Конструкциялық беріктік.** тех. *Конструкциялық элементтер – пісірме жалғауларлардың, иінді біліктердің, бұрандамалардың, турбина қалақтарының және т.б. беріктігі.* **Конструкциялық материалдар**. *Мәшинелер мен механизмдердің, үйлердің, транспорт құралдарының, гимараттардың, аспаптар мен басқа техникалық объектілердің бөлшектерін жасауға пайдаланылатын материалдар.* **Конструкциялық үйлесім.** инф. *Алмалы-салмалы элементтерді, блоктар мен құрылғыларды механикалық ауыстыруды жасақтауға арналған дербес компьютердің түзілістік элементтерінің жиынтығы.*

**КОНСУЛ** [лат.consul] зат. **1.** дипл. *Басқа мемлекетте белгілі бір міндеттерді (өз мемлекеті мен оның азаматтарының заңдық және экономикалық мүдделерін қорғау істерін) орындау үшін тұрақты өкіл ретінде тағайындалған лауазымды адам.* **2.** тар. *Ежелгі Римде болған жоғарғы мемлекеттік лауазымдардың бірі.*

**КОНСУЛДЫҚ** сын. құқық. *Консулға тән, консулға қатысты.*

**Консулдық заңдастыру.** саяси. *Халықаралық байланыстардағы құжаттардың құқыққа сәйкестігін, осы құжаттарды берген, құрастырған не растаған мекеменің құзыреттілігін растау.* **Консулдық патент.** *Консулдық мекеменің басшысы ретінде тағайындалғаны жөнінде тұлғаға берілетін құжат.* **Консулдық экзекватура.** *Сыртқы істер ведомствосы арқылы берілетін консулдық мекеменің өз функцияларын консулдық округ шегінде атқаруға жол ашатын қабылдаушы мемлекеттің рұқсаты.*

**КОНСУЛЬТАНТ** [лат. consultans] зат. **1.** *Кеңес беруші, ақыл айтушы адам.* **2.** ***Кеңесші*** *(кітапхана, мұражай т.с.с. келушілердің сауалдарына жауап беріп, анықтама беретін маман).*

**КОНСУЛЬТАТИВТІК** [лат. colsultare] сын. кіт. *Кеңесшілік, кеңес берушілік, кеңесуші.*

**КОНСУЛЬТАЦИЯ** [лат. consultatio] зат. **1.** *Белгілі бір маманның тарапынан берілетін кеңес.* **2.** мед. *Науқастарды қабылдайтын, емдейтін, кеңес беретін мекеме.*

**КОНСУМЕНТТЕР** [лат.consumo] зат. биол. *Тұтынушылар қоректік тізбекте фотосинтез немесе хемосинтез жүргізетін өндіргіштер түзетін дайын органикалық заттарды пайдаланатын ағзалар.*

**КОНСЮМЕРИЗМ** зат. экон. *Сатып алушылардың азаматтар мен үкімет бұйымдарының сатушыларға деген ұйымдасқан азаматтардың үстемдік құқығы.*

**КОНТАГО** зат. экон. **1.** *Сатып алушының акцияны немесе барлық тауар партиясын сатып алуды кейінге қалдырғаны жөнінен бағаға қосымша төлем төлеуі.* **2.** *Сауда жұмысының есебін кейінге қалдыру.*

**КОНТАКТ** [лат. contactus] зат. *Түйіскен, жалғасқан жері, жанасқан тұсы. // Жалғасқан, түйіскен.*

**Контактілі коррозия.** физ. *Ортада әртекті металдардан жасалған бұйымдардың түйісуінен туатын жергілікті коррозия, электролит.*

**КОНТАКТОР** [лат. contactus] зат. тех. *Кернеуі төмен электр тізбектерді дистанциялық әдіспен коммутациялайтын (қосатын, ағытатын) аппарат.*

**КОНТАКТ-СХЕМА** [ағыл. the contact circuit] зат. инф. *Жалғасқан рельелік, жалғасқан схема.*

**КОНТАМИНАЦИЯ** [лат. contaminatio] зат. **1.** психол. *Әртүрлі сөздерге қатысты буындарды бір сөзге біріктіріп жіберуден болатын сөзді қате айту.* **2.** лингв. *Екі элементтен үшінші жаңа тілдік бірліктің жасалуы.*

**КОНТАМИНДЕНУ** [лат. contaminatio] зат. геол. *Магманың өзі кіріккен таужыныстарды балқытып, олармен сіңісуі және кіріктіруші таужыныстар балқымаларымен араласып құрамдық өзгерістерге ұшырауы.*

**КОНТЕЙНЕР** [ағыл. container] зат. *Әртүрлі көлік түрлері мен жүктерді ыдыссыз тасымалдауға арналған стандартты сыйымдылық.*

**КОНТЕКСТ** [лат. contextus] зат. лингв. *Сөйлемдегі не мәтіндегі ойдың нақты айқындалатын көрінісі болып табылатын ауызша не жазбаша үзінді.*

**КОНТЕКСТІ** сын. *Контекске қатысқан, контексі бар.*

**Контексті меню.** инф. <ағыл. context menu> а) *Белгіленген объектінің командалар жиынынан тұратын меню.* ә) *Ағымдағы объектімен байланысқан командалар жиынынан тұратын арнайы меню.*

**КОНТЕКСТІК** сын. *Контекске тән, контекске қатысты.*

**Контекстік іздестіру.** инф. <ағыл. context searching> *Құжаттардың (түсініктемелердің) мәтіні бойынша іздестіру.* **Контекстік мағына.** лингв. *Белгілі бір контекске тән, сол контекст негізінде ғана анықталатын мағына.* **Контекстік оқыту.** пед. *Болашақ кәсіптік еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұнының біріктіріліп оқытылуы.*

**КОНТЕНТ** зат. жаңа. *Қандай да бір өнімнің немесе ақпараттың ішкі мазмұны.*

**КОНТЕНТ-ТАЛДАУ** [ағыл. contend] зат. әлеум. *Әлеуметтік ақпараттар мазмұнын сандық зерттеу әдісі.*

**КОНТИНГЕНТ** [лат. contingens] зат. **1.** *Белгілі бір жағдайда бірыңғай топ, категория құратын адамдар жиынтығы.* **2.** экон. *Белгілі мақсат үшін ұйғарылған шектеулі мөлшер.*

**КОНТИНГЕНТТЕ=**ет. экон. *Экспорттық және импорттық квоталар қою көмегімен сыртқы сауданы мемлекеттік реттеу.*

**КОНТИНГЕНТТЕУ** *Контингентте етістігінің қимыл атауы.*

**КОНТИНЕНТ** [лат. continens] зат. **1.** геогр. *Материк, жан-жағы мұхитпен қоршалған құрғақ құрлық жер бөлігі.* **2.** *Аралары алшақ әртүрлі елдер, мемлекеттер.*

**КОНТИНЕНТТІК** сын. *Континентке тән, континентке қатысты.*

**Континенттік түзілімдердің генетикалық типі.** геол. *Денудацияның, тасымалданудың және қираған таужыныстар өнімдері аккумуляциясының бір немесе бірнеше динамикалық өзіндік түрлері білінімінің нәтижесінде жаралатын түзілім.*

**КОНТИНУАЛИЗМ** зат. әдеб. *Белгілі бір істің, құбылыстың аяқталмайтынын не созылмалы екенін көрсететін бағыт.*

**КОНТИНУУМ** [лат. continuum] зат. геом. *Түзу кесіндісінің барлық нүктелерінің немесе түзудің барлық нүктелерінің жиынтығы.*

**КОНТОКОРРЕНТ** [итал. conto corrente] зат. экон. *Кез келген несиелік және есеп-қисап жүргізіле беретін клиенттің банктегі бірегей ағымдық және қордағы есебі.*

**Контокоррент есебі.** экон. *Банктердің несие және есеп-қисап жұмыстарын жүргізу үшін өздерінің клиенттеріне ашатын бірыңғай күнделікті және қарыз есебі.*

**КОНТОКОРРЕНТТІ** сын. *Контокоррентке тән, контокоррент қатысқан.*

**Контокоррентті есепшот.** экон. *Банктің клиентке ашатын бірдей ағым есепшоты.*

**КОНТОМАТ** зат. экон. *Пластикалық карточканың көмегімен ақшаның автоматтан қолма-қол берілуі.*

**КОНТОР** [лат. contra] заттар. совет. *Кеңсе, кәсіпорын мен мекеменің әкімшілік бөлімдерінің жалпы аты.*

**КОНТР...** *Бір нәрсеге қарсылық, қарсы тұру мағынасындағы Еуропа тілдерінен енген күрделі сөздердің бірінші сыңары.*

**КОНТРАБАНДА** [итал. contrabando] зат. экон. ***Әткесшілік*** *(тауарларды, валютаны, құндылықтарды немесе өзге де заттарды, солардың ішінде зияткерлік меншік заттарын кеден шегарасы арқылы заңсыз ірі көлемде алып өту).*

**КОНТРАБАНДИСТ** зат. экон-құқық. *Әткесші.*

**КОНТРАБАС** [итал.contrabasso] зат. муз. *Ысқымен тартылатын қыл ішекті музыкалық аспап.*

**КОНТРАГЕНТ** [лат. contrahens] зат. *Келісім бойынша өзіне міндеттемелер алған адам немесе мекеме.*

**КОНТРАДИКТОРЛЫҚ** [лат. contradictorius] сын. *Қарама-қайшы, аумалы-төк пелі.*

**КОНТР-АДМИРАЛ** [франц. contre-amiral] зат. әск. *Арьергард кеменің басқарушысы ретіндегі кейбір елдердің флотындағы бірінші адмиралдық әскери атақ.*

**КОНТР-АДМИРАЛДЫҚ** сын. әск. *Контр-адмиралға қатысты.*

**КОНТРАКТ** [лат. contractus] зат. ***Келісімшарт*** *(нақтылы мерзімге келісілген екі жақтың міндеттемелері).*

**КОНТРАКТАЦИЯ** зат. экон. *Ауылшаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген өнімін ұқсату немесе сату үшін дайындаушы тұлғаға беруге міндетті болатын сатып алу, сату шарттарының бір түрі.*

**КОНТРАКТУРА** [лат. contractura ] зат. мед. *Буындардағы қимыл, қозғалу құбылыстарының шектелуі салдарынан аяқ, қолдың*

*немесе олардың бөліктерінің бір қалыпта тырысып қалуы.*

**КОНТРАМАРКА** [франц. contremarque] зат. *Билеттің орнына жүретін талон.*

**КОНТРАПОСТ** зат. көркемөнер. *Объектінің жеке бөлімдерінің бірнеше жақтан қарағандағы көрінісін бір жазықтық бетінде бейнелеу тәсілі.*

**КОНТРАРГУМЕНТ** зат. *Аргументке қарама-қарсы пайымдау.*

**КОНТРАСТ** [франц. contraste] зат. *Айқын көрінетін қарама-қарсылық.*

**КОНТРАТАКА** [франц. contre-attaque] зат. әск. *Қорғанып жатқан әскерлердің жаулардың шабуылын тойтару мақсатымен қолданатын қарсы шабуылы.*

**КОНТРАТИП** [лат. contra – қарсы, грек. typos – үлгі] зат. физ. *Алғашқы негативтен түзсіз фотоматериалға түсіріліп жасалған негатив немесе аралық позитив.*

**КОНТРАТИПТЕУ** зат. физ. *Негативте контрасты (қарама-қарсылық) күшейту үшін бір негативтен бірнеше контратип жасау әдісі.*

**КОНТРАФАКТІЛІК** [ағыл. counterfeit] сын. құқық. *Түпнұсқа негізінде жасалған, зияткерлік құқықты бұзатын жаңа өнім.*

**КОНТРАФАКЦИЯ** [франц. contrefaction] зат. экон. *Айтулы фирмалардың тауарларымен ұқсас тауарларды өндіріп, өткізуден пайда алу мақсатымен нарықта мәлім тауар белгілерін заңсыз пайдалану; біреудің туындысын қайта шығарып, тарату жолымен авторлық құқықты бұзу.*

**КОНТРАЦЕПЦИЯ** [лат. contraceptio] зат. мед. *Қаламаған жүктілікті болдырмау әдістері мен құралдары.*

**КОНТРБАЛАНС** зат. экон. *Балансты немесе оның қайсыбір бөлігін тексеру, талдау мақсатымен бухгалтерлік деректер негізінде жасалатын кесте.*

**КОНТРДАНС** [франц. conterdanse] зат. өнер. *Ағылшындардың биі.*

**КОНТРИБУЦИЯ** [ лат.contributio] зат. экон. *Жеңген елдің жеңілген елден бітім шарты бойынша алатын салығы.*

**КОНТРМӘДЕНИЕТ** зат. тар. қоғ.-саяси. <лат. contra – қарсы, cultura – мәдениет> *60-70-жылдары батыс елдерінің жастары арасында таралған қазіргі буржуазиялық мәдениетке рухани қарсылық көрсету формасы.*

**КОНТРОЛЕР**[1] [франц. controleur] зат. *Қоғамдық орындарда (көлік, театр т.с.с.) билет тексеруші адам.*

**КОНТРОЛЛЕР**[2] [лат. controller] зат. инф. **1.** *Компьютердің жеке құрылғыларының жұмысын басқаратын электрондық схема.* **2**. *Бір немесе бірнеше құрылғыны басқаруды, ал кейбір жағдайларда компьютерге қосылған интерфейстердің сәйкес болуын орындайтын дербес компьютер блогы.* **3**. *Оған қосылған құрылғылардың жұмысын басқаратын, бірақ әдеттегідей одан өтетін ақпараттар ағынын өзгертпейтін бағыныңқы жүйе.* **4.** *Компьютерге қосылған құрылғыларды басқару қызметін атқаратын бағдарламаланатын аралық-құрылғы.*

**Контроллердің қалып-күй блогы.** инф. <лат. status controller block> *Компьютерлердің бірыңғай жүйесінде – контроллер жайында динамикалық мәліметтері бар операциялық жүйенің кестесі.*

**КОНТРОЛЛИНГ** [ағыл. controlling] зат. инф. **1.** *Кәсіпорында фирмадағы хабарламаны өңдеуде және компьютерлік шешім қабылдауға, есепке алу жағдайын талдаудағы және жоспарлау құралы.* **2.** *Германия, АҚШ-та өнеркәсіп кәсіпорындарында қабылданғандай, фирма бөлімшелерінің аты.*

**КОНТРОЛЬ** [франц. controle] зат. ***Бақылау*** **1.** *Тексеру, байқау, бақылау.* **2.** экон. *Заңды қаралған, ереже бойынша, нұсқамен, басқадай мөлшерленетін актілермен, сонымен бірге бағдарламамен, жоспармен, келісім шартпен, жобамен, келісіммен керекті жағдайдағы және қажетті объектінің жағдайын қадағалауға сәйкестігін тексеру мақсатында, объектіні бақылауда қорытындылаушы, процеске және экономикалық объектілерді басқарудың құрамы.*

**КОНТРОФЕРТА** зат. экон. *Бастапқы ұсыныста көрсетілген шарттарды өзгерте отырып келісім жасау туралы ұсыныс акцепті.*

**КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ** [франц. contre-revolutionnaire] зат. тар. ***Керітөңкеріс*** *(мемлекетте болып өткен революциялық қозғалыстарға қарсы бағытталған саяси қозғалыс немесе бұрынғы биліктен айырылған күштердің ескі жүйені қалпына келтіру үшін жүргізген қарулы қарсылығы).*

**КОНТРРЕВОЛЮЦИОНЕР** заттар. ***Керітөңкерісшіл.***

**КОНТРРЕЛЬС** зат. көлік. *Негізгі рельстің ішкі жағынан қарама-қарсы тартылған рельс.*

**КОНТРСТАЛИЯ** зат. навиг. *Кемеге жүк тиеу-түсіру жұмыстары кезінде теңіз тасымалының шартында көрсетілген мерзімнен тыс тұрған уақыт.*

**КОНТРТИТУЛ** зат. баспа. *Бүтіндей алғанда көптомдық немесе сериялы басылымдарға қатысты мәліметтерді немесе аударма басылымдарда түпнұсқа тілінде титул мәліметтері бар қайырмалы жазық парақтың сол жақ бөлігі.*

**КОНТРФОРС** [франц. contrefort] зат. сәулет. *Ғимараттың негізгі құралымын нығайту үшін қабырғаға тігінен немесе көлденеңінен жапсыра жасалатын тіреу.*

**КОНТРЭСКАРП** [франц. contreescarpe] зат. әск. *Жергілікті жердің өз жағына қарай бағытталған биік құлама ылди түріндегі танкіге қарсы жер бөгеті.*

**КОНТУЗИЯ** [лат. contusio] зат. мед. *Дененің ұрылуы, зақымдануынан ағзаның мең-зең болып қалуы.*

**КОНТУР** [франц. contour] зат. ***Кескін*** *(бір нәрсенің нобайы).*

**Контур карта.** геогр. *Құрлықтар мен су айдындарының атауы көрсетілмей, кескіні ғана берілетін географиялық карта.* **Контур ішіне су айдау.** сушар. *Мұнай шоғырына және оның контур маңы бөлігіне тікелей су айдау жолымен мұнайлы горизонттағы қысымды бірқалыпты ұстап тұру әдісі.*

**КОНТУРЛЫҚ** сын. *Контурға тән, контурға қатысты.*

**КОНУРБАЦИЯ** [лат. con – бірге, urbs – қала] зат. *Экономикалық және мәдени-тұрмыстық байланыстары, жалпы ірі инженерлік ғимараттары нәтижесінде біртұтастық құрайтын, бір-біріне жақын орналасқан және өзара байланысқан қалалар тобы.*

**КОНУС** [лат. conus] зат. геом. *Тік бұрышты үшкілдің катеттерінің біреуінің айналасында айналу арқылы жасалған геометриялық дене.*

**Конус тәрізді жанартау.** геол. *Конус пішінді орталық типті жанартау.* **Конус түріндегі су тұндырғы.** сушар. *Судың тұну процестері.*

**КОНУСТЫ** сын. кіт. *Конусқа ұқсас, конус сияқты; конусы бар.*

**Конусты құты.** *Химиялық тәжірибелерде қолданылатын конусқа ұқсас құты.*

**КОНУСТЫҚ** сын. геом. *Конусқа тән, конусқа қатысты.*

**Конустық қима.** геом. *Дөңгелек тік конусты оның төбесі арқылы өтпейтін жазықтықпен қиып өткенде шығатын сызық.*

**КОНФАБУЛЯЦИЯ** [лат. confabulotio] зат. психол. *Естің бұзылуы кезінде байқалатын жалған естеліктер.*

**КОНФЕДЕРАЦИЯ** [лат. confederatio] зат. қоғ. *Саяси, әскери, экономикалық және т.б. мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылатын мемлекеттердің уақытша одағы, мемлекеттік құрылым формасы.*

**КОНФЕРАНСЬЕ** [франц. conferencier] зат. *Батыс өнеріндегі концерттік бағдарламаларды, эстрадалық ойын-сауықтарды жүргізуші әртіс.*

**КОНФЕРЕНЦИЯ** [лат.conferentia] зат. **1.** *Мемлекеттер мен қоғамдық ұйым өкілдерінің, ұйым мүшелерінің белгілі бір тақырыпқа байланысты басқосуы, ғалымдардың жиналысы, мәжілісі.* **2.** *Айтулы күн, белгілі бір ғылыми тақырып бойынша шақырылған ғалымдар мен зерттеушілердің, педагог, оқытушылардың мәжілісі.*

**КОНФЕСКЕ** зат. тар. совет. ***Кәмпеске.***

**КОНФЕСКЕЛЕ =** ет. тар. совет. ***Кәмпескеле.***

**КОНФЕСКЕЛЕН=** ет. тар. совет. ***Кәмпескелен.***

**КОНФЕСКЕЛЕУ** *Конфескеле етістігінің қимыл атауы.*

**КОНФЕССИЯ** [лат. contessio] зат. *Басқаға тәуелсіз дербес діни бағыт, ағым.*

**КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Конфессиялар арасындағы, дінаралық.*

**КОНФЕССИЯЛЫ** сын. қоғ.-саяси. *Конфессиядан құралған, конфессиядан тұратын.*

**КОНФЕССИЯЛЫҚ** сын. *Конфессияға тән, конфессияға қатысты.*

**Конфессиялық мектептер.** <лат. confessionalis> *Белгілі бір діннің қағидаларын насихаттауды мақсат ететін шіркеудің қарамағы мен бақылауындағы оқу орны.*

**КОНФЕТ** [итал. confetto] зат. тамақ. ***Кәмпит.***

**КОНФИГУРАТИВТІ** сын. мәд-филос. *Жаңа ұрпақтың да, үлкендердің де өз теңдес қатарларынан тәжірибе алатын, үйренетін мәдениет типінің бірі.*

**КОНФИГУРАЦИЯ** [лат. configuration] зат. инф. **1.** *Белгілі бір жүйені, аппараттық жабдықтарды, оның нақты параметрлерін, құрылғылар құрамын, өзара байланыстарын анықтай отырып орналастыру.* **2.** *Дербес компьютерді пайдаланушының белгілі бір мәселелерді орындауына арналған қызметтік құрылғылардың жинағы.*

**Конфигурация диспетчері.** инф. <ағыл. configuration manager> *Жүйенің пішімүйлесімі жайындағы мәліметтерді сақтауды және таңдап алуды жеңілдететін бағдарламалық құрауыштар жиыны.* **Конфигурация тізілімі.** инф. <ағыл. configuration registry> *Есептеу мәшинесінің конфигурация жайындағы ақпарат сақталатын мәліметтер базасы.* **Конфигурация файлы.** инф. <ағыл. configuration file> *Операциялық жүйені жүктеу кезінде автоматты түрде орындалатын оның файлы.*

**КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** [ағыл. configuration] зат. инф. *Дербес компьютердің ақпараттық жабдықтарын, жеке құрылғылары немесе қолданбалы бағдарламаны дербес компьютердің нақты құрамына бейімдеп, оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесі.*

**КОНФИГУРАЦИЯЛЫҚ** сын. инф. *Конфигурацияға тән, конфигурацияға қатысты.*

**Конфигурациялық файл.** инф. < ағыл. config.sys.> *Операциялық жүйе жүктелген мезетте файлын оқып, онда жазылған барлық командаларды орындайтын файл.*

**КОНФИДЕНЦИАЛДЫ** сын. кіт. *Екеуара, көзбе-көз; үшінші жақ үшін жасырын, тек екі жаққа ғана арналған.*

**КОНФИРМАЦИЯ** [лат. confirmatio] зат. экон. *Сатып алушы өкілінің конфирмациялық экспорттық үйлерінің түрі.*

**КОНФИРМАЦИЯЛЫҚ** сын. *Конфирмацияға тән, конфирмацияға қатысты.*

**КОНФИСКА** зат. тар. совет. ***Кәмпеске.***

**КОНФИСКАЛА=** ет. тар. совет. ***Кәмпескеле.***

**КОНФИСКАЦИЯ** [лат. confiscatio] зат. тар. совет. ***Кәмпескелеу*** *(XX ғасырдың 20-жылдарындағы Кеңес өкіметі әкімшілік органдарының уәкілі немесе сот шешімінің*

*келісімімен іске асырған ірі меншік иесінен басы бүтін дүниесін күшпен тәркілеп айыру процесі).*

**КОНФИСКЕ** зат. тар. совет. ***Кәмпеске.***

**КОНФИСКЕЛЕ =** ет. тар. совет. ***Кәмпескеле.***

**КОНФИСКЕЛЕН=** ет. тар. совет. ***Кәмпескелен.***

**КОНФИСКЕЛЕУ** <лат. confiscatio> зат. сөйл. ***Кәмпескелеу.***

**КОНФЛИКТ** [лат. conflictus] зат. **1.** *Бір-біріне қарама-қарсы мүдделердің, көзқарастардың, ұмтылыстардың соқтығысуы; тартыс, дау-жанжал, келіспеушілік.* **2.** әдеб. *Тартыс, шиеленіс.*

**КОНФОРМАЦИЯ** [лат. conformation] зат. физ. *Органикалық қосылыс молекуларының, олардың жеке бөліктерінің жай көміртек – көміртек байланыстарын айнала еркін қозғалуы кезінде қабылдайтын геометриялық пішіндері.*

**КОНФОРМАЦИЯЛЫҚ** сын. физ. *Конформацияға тән, конформацияға қатысты.*

**КОНФОРМДЫЛЫҚ** [лат. conformis] зат. псих. *Адамның төңірегіндегі топтың ықпал-әсеріне берілгіштігі.*

**КОНФОРМИЗМ** [лат. conformis] зат. псих. ***Конформдылық.***

**КОНФРОНТАЦИЯ** зат. филос. *Әлеуметтік жүйе, мүдделер мен сенімдердің қайшылығы, қақтығыс.*

**КОНФУЦИЙШІЛДІК** зат. филос. *Негізгі ұстанымдарының бірі адамдарды бекзаттар мен төмендер болып екіге бөлу болып табылатын, б.з.б. VI ғасырда Қытайда пайда болған, Конфуций (Кун - цзы) негізін қалаған діни-философиялық ілім.*

**КОНЦЕДЕНТ** зат. құқық. *Концессия шартын жасасуға уәкілдік берген мемлекеттік органдар.*

**КОНЦЕНТРАТ** [лат. concentratio] зат. **1.** тамақ. *Сақтауға және одан жылдам тамақ әзірлеуге ыңғайлы кептіріліп престелген тағам өнімдері мен жартылай фабрикаттар.* **2.** ауыл-шар. *Құрамында қоректілігі жоғары заттары бар дәнді азық, құрама жем, күнжара, кебек т.б. мал азығы, құнарландырылған жем.* **3.** кен. *Кенді байыту нәтижесінде алынатын өнім, яғни кен құрамынан керексіз құрамбөліктерді ажырату нәтижесінде алынған пайдалы құрамбөліктер жиынтығы.*

**Концентрат сапасы.** кен. *Концентраттағы пайдалы құрамбөлік пен қоспалардың құрамы.* **Концентрат сапасын жетілдіру.** кен. *Кендегі негізгі құрамбөліктің пайыздық үлесін арттыру.*

**КОНЦЕНТРАЦИЯ** [лат. concentratio] зат. **1.** хим. *Қоспа, ерітінді, қорытпа құрамындағы заттардың салыстырмалы мөлшері.* **2.** экон. *Бірнеше фирманың немесе рыноктың бір қолда немесе капиталдың өндірісте бір жерде шоғырлануы.*

**КОНЦЕНТРАЦИЯЛЫ** сын. *Концентрациясы бар, концентрация қосылған.*

**КОНЦЕНТРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Концентрацияға тән, концентрацияға қатысты.*

**Концентрациялық лагерь.** әск. *Мемлекеттердің, саяси режімдердің т.с.с нақты немесе ықтимал қарсыластарын күштеп оқшаулап, бір жерге бөлектеп жинауға пайдаланатын орын.*

**КОНЦЕПТУАЛДЫҚ** сын. кіт. *Тұжырымдамалық.*

**КОНЦЕПТУАЛИЗМ** зат. филос. *Ортағасырдағы жалпы түсініктердің нақты, шынайы дүниелерге қатысты екенін жоққа шығаратын, оның көбі ой-санада қалыптасатынын көрсететін философиялық бағыт.*

**КОНЦЕПЦИЯ** [лат. conceptio] зат. филос. ***Тұжырымдама.***

**КОНЦЕПЦИЯЛЫҚ** сын. *Концепцияға тән, концепцияға қатысты.*

**Концепциялық модель.** инф. <ағыл. conceptual model> а) *Ғылым саласын талдау нәтижесінде анықталған ақпараттық объектілердің, олардың атрибуттары мен объектілердің арасындағы өзара байланыстардың жиынтығын қамтитын модель.* ә) *Негізгі ұғымдар мен тілден тәуелсіз және кейбір пән саласының мағыналық құрылымы болып саналатын ұғымдар топтамасын құрастыру ережелерінің жүйесі.* **Концепциялық модельдеу.** инф. <ағыл. conceptual simulation>. *Мәліметтер базасын басқару жүйесінің терминдерінде мәліметтер моделін даярлау мен оңтайландыру.*

**КОНЦЕРН** [ағыл. concern] зат. экон. *Өнеркәсіптің түрлі саласындағы кәсіпорындардың, сауда фирмаларының, банктердің, көлік және қауіпсіздік комиссияларының бірлестігі.*

**КОНЦЕРТ** [итал. concerto] зат. өнер. **1.** *Алдын ала арнайы жасалған бағдарлама бойынша көпшілік алдында орындалатын музыкалық, әдеби-хореографиялық және сахналық шығармалар.* **2.** *Жеке музыкалық аспап, кейде 2- 3 жетекші музыкалық аспап пен оркестр үшін сонаталық циклді формада жазылған музыкалық шығарма.* **3.** ауыс. *Қызық дәурен, думан.*

**Концерт берді**. *Әнші, биші, күйші т.б. көпшілік алдында өнерлерін көрсетті; музыкалық шығармалар орындады, концерт қойды.* **Концерт залы.** *Көркемөнерпаздардың өнер көрсететін орны, концерт өтетін зал.* **Концерт қойды.** а) *Өнерпаздар көрермендерге өнерін көрсетті.* ә) мысқыл. *Аяқ астынан бұрын білдірмеген оғаш қылық, ерсі мінез көрсетті.*

**КОНЦЕРТМЕЙСТЕР** [нем.Konzertmeister] зат. муз. **1.** *Жеке скрипкаға жазылған партияны орындайтын, кейде репетиция кезіндегі дирижердің орнын ауыстыратын оркестрдегі бірінші скрипкашы.* **2.** *Симфониялық немесе опера оркестрінің ішекті аспаптар (альттер, виолончельдер, контрабастар) тобына жетекшілік ететін музыкант.* **3.** *Концерт кезінде жеке әншілерді сүйемелдейтін және олардың жаңа репертуарын меңгеруге жәрдемдесетін пианист.*

**КОНЦЕРТТІК** сын. муз. *Концертке арналған, концертке қатысты.* // сөйл. *Концерт қоюға арналған зал.*

**Концерттік зал.** *Концерт өтетін, концерт қойылатын зал.*

**КОНЦЕССИОНЕР** зат. экон. *Концессия иесі, концессия алған адам.*

**КОНЦЕССИЯ** [лат. conceo] зат. **1.** құқық. *Табиғат байлықтарын, кәсіпорындарды және мемлекетке тиесілі басқа да шаруашылық нысандарды шет мемлекетке, шетел фирмасына, компаниясына т.б. тұлғаларға белгілі бір мерзімге пайдалануға беру туралы шарт.* **2.** экон. *Құқық иесі екінші тарапқа (пайдаланушыға) сыйақы үшін құқық иесіне тиесілі айрықша құқықтар кешенін, соның ішінде фирмалық атауға немесе құқық иесінің коммерциялық таңбаларға құқығын, қорғалатын коммерциялық ақпаратқа, тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне т . б. құқықты белгілі бір мерзімге немесе мерзімін көрсетпей кәсіпкерлік қызметте пайдалану құқығын беретін құқықтық қатынастар.*

**КОНЦЕССИЯЛЫҚ** сын. терм. *Концессияға қатысты.*

**Концессиялық кәсіпорын.** экон. *Мемлекетке немесе муниципалитетке тиесілі табиғат байлықтарын, кәсіпорындар мен басқа шаруашылық субъектілерін жекеше кәсіпкерлерге немесе шетелдік фирмаларға белгілі бір мерзімге пайдалануға беру туралы шарт негізінде құрылған кәсіпорын.*

**КОНЦЛАГЕРЬ** зат. *Концентрациялық лагерь, мемлекеттердің, саяси режімдердің, т.с.с нақты немесе ықтимал қарсыластарын күштеп оқшаулап, бір жерге бөлектеп жинауға пайдаланатын орын, түрме.*

**КОНЬЮГАЦИЯ** зат. **1.** анат. *Кейбір ағзалар кебісшелерінің екі дарағының қосылып, ядролық мүшесі мен цитоплазманың біріне бірінің араласуы.* **2.** биол. *Екі генеративті (жынысты) ядроның қосылысы.*

**КОНЪЮНКТИВИТ** [лат.conjunctivus] зат. мед. *Көздің дәнекер қабығының қабынуы, қабақтың ішкі үстіңгі жағын және көз қарашығының алдыңғы бөлігін жауып тұратын шырышты қабықтың қабынуы.*

**КОНЪЮНКТУРА** [лат. conjunctura ] зат. экон. *Экономикалық циклдің әрбір кезеңіндегі өндіріс процесі мен айналыстың нақты жағдайы.*

**КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ** сын. кіт. *Конъюнктураға қатысты.*

**КОНЪЮНКЦИЯ** [лат.conjunctio] зат. **1.** филос. *Логикалық байланымдар, екі пікірдің бірігуінен логикалық «және» жалғауы арқылы пікір құратын логикалық операция.* **2.** инф. *«Және» операциясының символы.*

**Конъюнкцияны терістеу.** инф. <ағыл. nonconjunction> *Кем дегенде бір логикалық айнымалы жалған болғанда ақиқат мәнін қабылдайтын, ал барлық логикалық айнымалылар ақиқат болғанда жалған мәнді қабылдайтын логикалық функция.*

**КОНЬКИ** зат. *Мұз үстінде шапшаң жүгіріп өту, мәнерлеп сырғанауға арналған, болаттан жасалған жүз жағы табанға жапсырылған аяқкиім.*

**Коньки спорты.** спорт. *Конькимен мұз үстінде шапшаң жүгіріп өту және мұзайдында мәнерлеп сырғанау, қысқы спорт түрлерінің бірі.* **Коньки тепті.** *Конькимен сырғанады.*

**КОНЬКИЛІ** сын. *Конькиі бар, коньки киген.*

**КОНЬКИШІ** зат. *Конькимен сырғанаушы, коньки жарысына қатысушы.*

**КОНЬЯК** [франц. cognac] зат. *Виноград спиртінен алынатын уытты спиртті ішімдік.*

**КООПЕРАТИВ** [лат. cooperatio] зат. **1.** *Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін адамдардың үлеспұлдық негізінде ерікті бірігу жолымен құрылған кәсіпорын, ұйым.* **2.** тар. совет. *Тұтыну кооперациясының дүкені.*

**КООПЕРАТИВТІК** сын. *Кооперативке тән, кооперативке қатысты.*

**Кооперативтік кәсіпорын.** экон. *Меншігі үлеспұлдарға бөлінген тәуелсіз заңи субъектілер ретінде өмір сүретін кәсіпорын.* **Кооперативтік меншік.** тар. *Белгілі бір бірлестікке тән иелік.*

**КООПЕРАЦИЯ** [лат. cooperatio] зат. **1.** *Жеке тұлғалардың ұжымдық кәсіпкерлік үшін ерікті мүшелік негізінде құрылған бірлестігі.* **2.** *Бір не бірнеше елдегі шетелдік серіктестері қатысуымен бірлескен немесе өзара келісілген өндірісті ұйымдастырудың әмбебап нысаны.*

**КООПТАЦИЯ** [лат. cooptatio] зат. *Белгілі бір уақытта сайланатын органның жаңадан сайлау өткізбей-ақ өз шешімімен толықтырылуы.*

**КООРДИНАТ** [лат. co(n) – бірге, ordinatus – реттелген] зат. **1.** мат. *Жазықтықтағы, кез келген беттегі не кеңістіктегі нүктенің орнын анықтайтын сандар.* **2.** *Мекен, орын.*

**Координаттар каталогы.** геол. *Жер бетінің ерекшелігі, ойы мен қыраты, жазығы баяндалған жазба.*

**КООРДИНАТА** зат. ***Координат*** *(кеңістікте жатқан нүктенің жағдайын анықтайтын шамалар, мөлшерлер).*

**КООРДИНАТАЛЫҚ** сын. мат. ***Координаттық*** (*координатаға тән, координатаға қатысты*).

**Координаталық тор.** геол. ***Координаттық тор.***

**КООРДИНАТӨЛШЕУІШ** зат. геол. *Топографиялық картаның координаттық торы бойынша объектілердің тік бұрышты координатын дәл анықтауға және бұрышы бойынша координаттары белгілі объектілерді картаға түсіруге арналған аспап.*

**КООРДИНАТТЫ** сын. *Координаты бар, координаты көрсетілген.*

**КООРДИНАТТЫ-ЖОНҒЫШ: координатты-жонғыш станок.** тех. *Қосымша арнайы құралдарды пайдаланбай-ақ өзіндегі әмбебап құралдармен қажетті бөлшекті аса*

*үлкен дәлдікпен сапалы өңдей алатын металл жонатын станок.*

**КООРДИНАТТЫҚ** сын. *Координатқа тән, координатқа қатысты.*

**Координаттық графика.** инф. <ағыл. coordinate graphics>. *Кескін бейнелеу командаларынан және координаттық мәліметтерден қалыптасатын мәшинелік графика.*

**Координаттық сызғыш.** инф. *Word жүйесінде азатжол шекарасын тағайындауға арналған, сантиметр немесе дюйммен таңбаланған, экранның горизонталь не вертикаль жолы.* **Координаттық тор.** геол. *Құрам бөліктері нақтылы бағыттарда не координаталарда орналасқан және олар бір-бірінен ылғи да бірдей қашықтықтардан көрініс беріп отыратын кристалды тор.* **Координаттық іздеу.** инф. *Координаттық индекстеу әдісін пайдалануға негізделген құжаттарды іздестіру.*

**КООРДИНАЦИЯ** [лат. co(n) – бірге, ordinatio – реттеу] зат. *Ұғымдардың, іс-әрекеттің және т.с.с. ретке келтірілуі, үйлестілуі, сәйкестігі.*

**КООРДИНАЦИЯЛА=** ет. *Үйлестіру, сәйкестендіру.*

**КООРДИНАЦИЯЛАУ** *Координацияла етістігінің қимыл атауы.*

**КООРДИНАЦИЯЛЫҚ** сын. физ. *Координацияға тән, координацияға қатысты.*

**Координациялық байланыс.** хим. *Донорлы-акцепторлы байланыс – кешенді қосылыстарға тән химиялық байланыс түрі.* **Координациялық сан.** физ. *Кристалдық тордағы әрбір атомның (ионның) айналасында бірдей қашықтықта орналасқан ең жақын атомдардың (иондардың) саны.*

**КОПАЛ** [исп. copal] зат. биол. *Қазып алынатын өсімдік шайыр.*

**КОПАЛОК** зат. зоол. *Улы жыланның бір түрі.*

**КОПЕЛЬ** зат. хим. *Құрамында 42,5-44,0% никель, 0,1-1,0% марганец кіретін негізі мыс болып келетін құйма.*

**КОПЕР** [нем. Köpfer] зат. **1.** құрыл. *Жүк көтеруге, түсіруге арналған және т.б. механизмдері мен жабдықтары бар шахта оқпаны үстіндегі техникалық құрылыс.* **2.** құрыл. *Жуан бағаналарды (діңгектерді) жерге қаққанда пайдаланылатын қарапайым немесе әмбебап, өздігінен жүретін немесе тіркелетін электр, дизель және бу мәшине.* **3.** тех. *Ірі металл сынықтарын қайтадан қорытуға жіберу үшін ауыр шойын тоқпақпен ұрғылап ұсақтайтын құрылғы.*

**КОПИР** [нем. Kopierschablone] зат. тех. *Бұйымдарды берілген үлгіден айнытпай жасап шығаратын көшірме станоктың фигуралы профилі бар негізгі бөлшегі (фасонды сызғыш, жұдырықша, шайба және т.б.).*

**КОПИЯ** [лат. copia] зат. ***Көшірме.***

**КОПРОЛИТ** зат. биол. *Топырақтағы биологиялық жаңа жарандылардың жауынқұрт (шұбалшаңдар) бойынан өтіп, түйіртпектелген органикалық-минералдық қордасы.*

**КОПРОФАГ** зат. зоол. *Негізінен сүтқоректі жануарлардың құи, тезектерімен қоректенетін жануар.*

**КОПТЫЛАР** зат. *Христиан дінін ұстанушы мысырлықтар.*

**КОПУЛЯЦИЯ** зат. биол. *Екі дарақтың жыныстық қатысы; қарапайым ағзалардың екі жыныс жасушасының (гаметаларының) қосылуы.*

**КОПФАГ** зат. зоол. *Қимен қоректенетін бунақденелілер.*

**КОПЧУР** зат. тар. *Шыңғыс хан империясында қолданылған салықтың бір түрі.*

**КОРАБЛЬ** [грек. karabos] зат. **1.** ***Кеме*** *(теңіздер мен мұхиттарда жүзетін желкенді қайық).* **2.** астрон. ***Ғарышкеме*** *(ғарышты зерттеуге арналған бір немесе бірнеше адамдық Жер серігі).*

**Корабльден басқарылатын зымырандар.** әск. *Су үстіндегі, әуедегі, жағадағы және жердегі нысаналарды жою үшін қолданылатын зымырандар.*

**КОРАБЛЬДЕЙ** сын. *Корабль сияқты, корабль тәрізді.*

**КОРАБЛЬДІК** сын. *Корабльге тән, корабльге қатысты.*

**Корабльдік артиллерия.** әск. *Әскери корабльге орнатылған қарулар.*

**КОРАЛЛ**[1] [грек. korallion] зат. **1.** зоол. *Теңізде мекен ететін ұсақ жәндік.* **2.** *Маржан (теңізден алынатын тас түрі).*

**КОРАЛЛ**[2] зат. зоол. *Күркетауық мойнының ашық жері.*

**КОРАЦИДИЙ** зат. зоол. *Денесін кірпікшелер жапқан, жалпақ құрттардың кейбіреулерінде болатын жұмыртқадан шыққаннан кейінгі дернәсіл сатысы.*

**КОРВЕТ** зат. әск. *Ауырқарулы соғыс кемесінің түрі.*

**КОРД** [франц. corde] зат. тоқыма. **1.** *Мақта-мата талшығынан немесе химиялық талшықтан есілген аса берік жіп.* **2.** *Ерекше әдіспен тоқылған жүн мата.*

**КОРДАИТ** [лат. cordaitales] зат. биол. *Палеозой заманының карбон мен пермь кезеңінің аралығында қаулап өсіп, мезозой заманының триас кезеңінің бас кезінде құрып біткен, тек қазба қалдықтарын зерттеудің нәтижесінде ғана белгілі болған жалаңаш тұқымдылар класына жататын өсімдіктер.*

**КОРДЕБАЛЕТ** [франц. corps de ballet] зат. өнер. *Әдетте Еуропа мәдениетіне тән балет, опера, оперетте, басқа да қойылымдарда көпшілік биін, бұқаралық көріністерді орындайтын биші-өнерпаздар ансамблі, билеушілер тобына арналған хореографиялық шығарманы орындайтын ұжым.*

**КОРДИЕРИТ** зат. хим. *Силикаттар класының оқшауланған тетраэдрлі типіне жататын минерал.*

**КОРДИЛЬЕРА** [исп. cordillera] зат. геол. *Геосинклиндік жүйенің толысқан кезеңінде түзілген енсіз ішкі геосинклиндік көтерілім.*

**КОРДОДРОМ** [франц. corde – жіп, грек. dromos – жүгіру] зат. спорт. *Піспекті және реактивті қозғалтқышы бар кордты ұшақтардың ұшатын модельдерімен жарыс өткізуге арналған темір тормен қоршалған, беті бетондалған немесе асфальтталған дөңгелек алаң.*

**КОРДОН** [франц. cordon] зат. **1.** әск. *Белгілі бір шеп немесе мемлекеттік шекара бойында созыла орналасқан жасақтар.* **2.** әск. *Шекаралық сақшылар, күзетшілер немесе бөгеуіл бөлімшесі.* **3.** *Орман қорғау және қорық бекеттері.*

**КОРДТЫҚ: кордтық целлюлоза.** хим. *Вискозалық кордты өндіруге арналған вискозалық целлюлоза.*

**КОРЕЙ** зат. экон. *Кореяның байырғы халқының өкілі.*

**Корей жазуы.** лингв. *Корейлер қолданатын әріпті буын жазуы.* **Корей тілі.** лингв. *Корей Халық Демократиялық Республикасы мен Корея Республикасында, Қытай, Жапония, АҚШ және Қазақстан мен өзге ТМД елдерінде тұратын корейлердің тонға негізделген тілі.*

**КОРЖИНСКИТ** зат. хим. *Бораттар класына жататын минерал.*

**КОРЗИНА** ор. зат. ***Себет*** *(бірдеңе салу үшін тоқылып жасалған ыдыс).*

**КОРЗИНКА** зат. *Себеттің кішкене түрі.*

**КОРИДОР** [итал. corridore] зат. ***Дәліз*** *(кеңсе, пәтер бөлмелерінің арасын қосатын ұзынша бөлме).*

**КОРИНЕБАКТЕРИЯ** зат. биол. *Пішіні мен тіршілігі жағынан микробактерияларға өте жақын тұратын бактериялар тобы.*

**КОРИОЛИС: кориолис коэффициенті.** физ. *Кез келген уақыт аралығында берілген жазық қимыл қимадан өтетін сұйықтық массасының кинетикалық энергиясының қарастырылып отырған қимыл қиманың барлық нүктелеріндегі жылдамдық шамалары бірдей және орташа жылдамдыққа тең деп ұйғарылып есептелінген сұйықтықтың осы массасының шартты кинетикалық энергиясына қатынасына тең өлшем бірлігінсіз шама.*

**Кориолис күші.** физ. *Кориолис үдеуімен шартталған және инерциалды жүйеге қатысты ілгерілемелі емес, қозғалатын инерциалды емес санақ жүйесіндегі материалдық нүктеге әсер ететін инерция күші.* **Кориолис үдеуі.** физ. *Бір тасымал жылдамдықты облыстан басқа тасымал жылдамдықты облысқа нүктенің орын ауыстыруымен шартталған, нүктенің абсолют үдеуінің құраушысы.*

**КОРИФЕЙ** [грек. koryphaios] зат. *Ғылымның, көркемөнердің және т.б. белгілі бір саласында жетекші, бастаушы, бәрі сөзсіз мойындаған аса көрнекті қайраткер.*

**КОРНЕР** [ағыл. to corner] зат. экон. *Кейіннен қайта сату мақсатымен қайсыбір тауарды сатып алу үшін заңды және жеке тұлғалардың бірігуінің (келісуінің) ең қарапайым нысаны.*

**КОРНЕТ**[1] [франц. cornette] зат. тар. *1917 жылға дейін Ресей армиясында қолданылған алғашқы офицерлік шен.*

**КОРНЕТ**[2] [франц. cornet] зат. муз. *Үрлемелі оркестр тобындағы көлемі трубадан кішірек аспап.*

**КОРОЛЕВА** зат. **1.** тар. *Корольдің әйелі; феодалдық немесе буржуазиялық мемлекеттің басшы әйелі.* **2.** спорт. *Шахмат тасы.*

**КОРОЛЬ** зат. **1.** *Феодалдық немесе буржуазиялық мемлекеттің басшысы.* **2.** ойын. *Король суреті салынған карта.* **3.** спорт. *Шахмат ойынындағы басты тұлға.* **4.** ауыс. *Майталман.*

**КОРОНАВИРУС** [лат. coronaviridae] зат. биол. *Құрамы күрделі, сыртында шығып тұрған тікенекшелері тәжге ұқсас вирустар.*

**КОРОНКА** зат. тех. *Бұрғының кескіш бөліктерінің жиегі, ұш жағы.*

**КОРОНОГРАФ** [лат. corona – тәж, грек. grapho – жазамын] зат. тех. *Күн тәжін бақылап, зерттеуге арналған телескоп.*

**КОРПОРАТИВТІ** сын. жаңа. экон. *Жеке тұлғаға емес, заңды тұлғаға қатысты немесе соған тән.*

**КОРПОРАТИВТІК** сын. *Корпорацияға тән, корпорацияға қатысты.*

**Корпоративтік желі.** инф. <ағыл. enterprise – wide networks> *Корпорацияның барлық бөлімшелеріне қызмет ететін есептеу желісі.*

**КОРПОРАЦИЯ** [лат. corporatio] зат. экон. **1.** *Кәсіби немесе мақсат-мүдделері ортақтығымен біріккен қоғам, одақ, бірлестік.* **2.** *Меншіктің акционерлік нысаны, меншікті ұжымдасып иелену, кәсіпорынды басқару міндеттерін кәсіпқой басқарушылардың (менеджерлердің) жоғары тұрған буындарының қолына шоғырландыру, заңға қайшы келмейтін мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіптік және басқа мүдделер сәйкестігі бойынша біріккен қоғам, одақ, тұлғалар тобы.*

**КОРПОРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Корпорацияға тән, корпорацияға қатысты.*

**Корпорациялық топ.** *Тұлғааралық қарым-қатынас топ мүшелері үшін өзара жеке мәнді сипатта жүзеге асырылатын топ.*

**КОРПУС** [лат. corpus] зат. **1.** *Кеменің, механизмнің сыртқы тұрқы; қабы.* **2.** [ағыл. case] инф. *Жинастырылған тақтаға орнатылатын тақшаны механикалық ұстап тұруды жасақтайтын қатты қабат.* **3.** әск. *Бірнеше дивизиядан тұратын әскери құрама.* **4.** *Жабық әскери оқу орындарының аттары.* **5.** *Шетел державалары уәкілдерінің жиынтығы.* **6.** баспа. *Типографиялық шрифт-кегль.* **7.** *Жекеленген ғимарат немесе үлкен ғимараттың ерекшеленген бөлігі.*

**Корпустық артиллерия тобы**. әск. *Ядролық шабуыл құралдары, қарсыластың артиллериясы және резервтерімен күрес үшін, негізгі бағыттағы артиллерия мен дивизияның атысын күшейтуге арналған топ.*

**КОРПУСКУЛА** [лат. corpusculum] зат. физ. *Классикалық физикадағы материя бөлшегі.*

**КОРПУСКУЛАЛЫҚ** сын. физ. *Корпускулаға тән, корпускулаға қатысты.*

**Корпускулалық оптика.** физ. *Электр және магнит өрістерінде зарядталған бөлшектердің қозғалыс заңдарын оқып-зерттейтін физика бөлімі.*

**КОРПУСТЫҚ** сын. *Корпусқа тән, корпусқа қатысты.*

**Корпустық артиллерия.** әск. *Армиялық корпустың командиріне тікелей бағынатын артиллериялық бөлімдер мен бөлімшелер.*

**КОРРАЗИЯ** [лат. corradere] зат. физ. *Әртүрлі көшкін орта (су, жел, мұз т.б.) тасымалдап әкелетін кесек жыныстардың жер бетінде түрлі тау жыныстарын үйкеуі, үңгуі, мүжуі және өздерінің қайралу, қажалу процесі.*

**КОРРЕАЛДЫҚ: корреалдық міндеттеме.** экон. *Міндеттемені орындау үшін жауапкершілікті борышқорлардың бәріне бірдей және олардың әрқайсысына бөлек-бөлек жүктейтін ынтымақтастық міндеттеме.*

**КОРРЕКТИВ** [франц. correctif] зат. баспа. *Түзету, ішінара жөндеу немесе өзгерту.*

**КОРРЕКТИРЛЕУ** зат. баспа. *Жоспарлау қателіктерін қолма-қол жөндеу, нақты шаруашылық процестердің болжамнан ойламаған жерден ауытқуын қадағалайтын механизмі.*

**КОРРЕКТИРЛЕУШІ** зат. әск. *Оқты нысанаға дәлдеп түзетуші, дұрыстап көздеуші.*

**КОРРЕКТИРОВЩИК** ор. зат. әск. ***Корректирлеуші.***

**КОРРЕКТОР**[1] [лат. corrector] зат. баспа. *Терім немесе газет, журнал, кітап беттерін қалыптау кезінде жіберілген графикалық, орфографиялық қателерді түзететін редакцияның, баспахананың, типографияның қызметкері.*

**КОРРЕКТОР**[2] зат. тех. *Электр өлшеуіш аспаптың көрсеткішін шкаланың нөлдік таңбасына қоюға арналған тетік.*

**КОРРЕКТУРА** [лат. correctio] зат. баспа. **1.** *Баспа теріміндегі қателері тексеріліп, жөнделген, басылар алдындағы соңғы түзетулер салынған баспа өнімінің бір данасы.* **2.** *Әріптік, сандық, белгілік, таңбалық, емлелік, полиграфиялық-техникалық қателіктерді жөндеу жұмыстары.*

**КОРРЕКТУРАЛЫҚ** сын. баспа. *Корректураға тән, корректураға қатысты.*

**Корректуралық белгілер.** баспа. *Терімді түзетуде жазба, ауызша нұсқауларды ауыстыратын, корректуралық оттискідегі техникалық бұлтарыстарды және корректура жасағанда жіберілетін қателерді түзетуге қызмет ететін шартты белгілер.*

**КОРРЕКЦИЯ** [лат. correctio] зат. физ. *Мәшинелер мен механизмдердің қателері мен кемшіліктерін, олардың жұмыс өлшемінің нәтижелерін, қозғалыс траекторияларын және т. б. түзету.*

**КОРРЕКЦИЯЛА=** ет. *Түзету, шама өзгерісінің сипатын жөндеу, процестің қажетті арнаға өтуі.*

**КОРРЕКЦИЯЛАУ** *Коррекциялa етістігінің қимыл атауы.*

**КОРРЕЛЯЦИЯ** [лат. correlatio] зат. **1.** биол. *Ағзаның дамуы және тіршілігі кезіндегі жасушаларының, тіндерінің, ағзаларының және жүйелерінің құрылысы мен атқаратын қызметтерінің бір-біріне сәйкестігі, үйлесімділігі немесе ұғымдардың өзара қарым-қатынастары, шарттастық, байланыстылық.* **2.** геол. *Бір-бірінен шалғай аймақтарда тараған таужыныстары топтарының өзара қатынасы бойынша олардың геологиялық жасын анықтау.* **3.** мат. *Шамалар арасындағы ықтималдық немесе статистикалық тәуелділік.*

**Корреляция коэффициенті.** мат. *Корреляция тығыздығының дәрежесін көрсететін сан.*

**КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. *Корреляцияға тән, корреляцияға қатысты.*

**КОРРЕСПОНДЕНТ** [франц. correspondant] зат. **1.** *Газет, теледидар, радио редакцияларында, ақпараттық агенттіктерде штатта немесе штаттан тыс қызмет ететін және олардың басшыларының тапсырмаларын орындаушы журналист.* **2.** *Белгілі бір аймақта редакцияны таныстыратын және болып жатқан оқиғаны газеттерде, теледидарда немесе радиода жариялаушы журналист-қызметкер.* **3.** *Жергілікті жерден редакцияға хабар беруші жеке тұлғаның аты.* **4.** экон. *Банк немесе басқадай қаржы ұйымдары, олар сол өңірдегі өзі секілді ұйымдардың есебінен мүддесін ұсыну және де олардың қаржылық әрі коммерциялық тапсырмаларын орындаушы.*

**Корреспондент банк.** экон. *Мәлімет беру шарты негізінде төлемдер мен есеп айырысу бойынша бір-біріне берілетін тапсырмаларды арнайы ашылған шоттар арқылы орындайтын банк.*

**КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕ** зат. *ТМД елдеріндегі және Польша, Румыния сияқты елдердегі академикке дейінгі ғылыми академиялық атақ.*

**КОРРЕСПОНДЕНТТІК** [лат. correcpondere] сын. *Корреспондентке тән, корреспондентке қатысты.*

**Корреспонденттік есеп.** экон. *Тапсырма бойынша және өзгелердің есебінен корреспонденттік шарт негізінде бір кредиттік мекеме жүргізген есеп айырысулар көрсетілетін есеп түрі.* **Корреспонденттік шарт.** экон. *Бірі екіншісінің төлемдері мен есеп айырысу жөніндегі тапсырмаларын орындайтын ел ішіндегі және одан сырт жердегі банктер арасындағы келісім.*

**КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ** зат. кіт. **1.** *Газетте немесе журналда жариялану үшін жергілікті жерлерден келген хабарлар.* **2.** *Хаттар, почта-телеграф материалдары.* **3.** *Жеке адамдардың немесе мекемелердің өзара жазысқан хаттары.*

**КОРРОЗИЯ** [лат. corrosio] зат. **1.** физ. *Қоршаған ортаның әсерінен металдардан жасалған бұйымдардың өздігінен бүліну процесі және құбылысы, тот.* **2.** геол. *Геологиялық жыныстардың химиялық агенттердің әсерінен және заттектердің су алып кетуінен өзгеруі.*

**Коррозияға төзімді болат.** хим. *Қоршаған ортаның әсерінен металдың жаңа химиялық қосылыс түзіп, күйреуіне төзімді болат.* **Коррозияға төзімділік.** физ. *Материалдардың коррозияға төзімділік қасиеттері.* **Коррозияға төзімді материалдар**. физ. *Әрекетті ортаның: қышқылдың, сілтінің, тұздың, газдың және т. б. әсеріне төзімді металдар мен металл емес заттар.* **Коррозия ингибиторы.** хим. *Коррозия бола бастаған жерлерге қосқанда материалдың бұзылу жылдамдығын азайтатын немесе тоқтататын заттек.*

**КОРРОЗИЯЛЫҚ** сын. физ. *Коррозияға тән, коррозияға қатысты.*

**Коррозиялық керіш.** физ. *Сынықты түйірлердің жарым-жартылай желініп, олардың орнын керіштеуші материал басатын процесс.* **Коррозиялық құрылым.** геол. *Таужыныста бұрынғы минералдың кейінгі минералмен желінуі негізінде байқалатын процесс.*

**КОРРУПЦИЯ** [лат. corruptio] зат. қоғ. ***Жемқорлық*** *(мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері).*

**КОРСЕТ** [франц. corset] зат. мед. *Құнысты түзету үшін, омыртқа жотасы түрлі ауруға шалдығып қисайғанда не жарақаттанғанда қолданылатын арнайы ортопедиялық құрал.*

**КОРТЕЖ** [франц. cotege] зат. *Әдетте жоғары лауазымды тұлғалардың қала ішіндегі қозғалысы мен қауіпсіздігін, кейде салтанатты шеруін қамтамасыз ететін бірнеше автокөліктердің қатар қозғалысы, тізбегі.*

**КОРУНД** [нем. Korund] зат. хим. *Оксидтер класының минералы, табиғи түзілімдер ішіндегі ең қатты заттардың бірі.*

**КОРФБОЛ** зат. спорт. *Швецияда кеңінен таралған доппен ойналатын қимыл-қозғалысты спорт ойыны.*

**КОРЯКТАР** зат. этнон. *Ресей Федерациясындағы Коряк автономиялық округінің байырғы халқы.*

**КОСЕКАНС** [лат. cosecans, co(mplimenti) secans] зат. мат. *Тригонометриялық функциялардың бірі.*

**КОСИНУС** [лат. cosinus, co(mlementi) sinus] зат. мат. *Тікбұрышты үшкілдің үшкір бұрышының түйіскен катетінің гипотенузаға қатынасы.*

**Косинустар теоремасы.** мат. *Үшбұрыштың екі қабырғасы мен сол екі қабырғаның арасындағы бұрышы бойынша оның үшінші қабырғасын анықтауға арналған теорема.*

**КОСМОКРАТ** [грек. kosmokrator] зат. саяси. *Бүкіл дүниежүзілік монархия құруды көксейтін адам.*

**КОСМОКРАТИЯ** [грек. kosmos - ғарыш, krateo -иеленемін] зат. саяси. *Бүкіл әлемді иелену, бүкіл әлемді билеу, бүкіләлемдік үкімет.*

**КОСМОКРАТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Космократияға қатысты, соған тән.*

**КОСМЕТИКА** [грек. kosmetike] зат. *Адам терісін күту үшін қолданылатын (әртүрлі сүргі, далап, опа, иісмай т.б.) заттар.*

**КОСМЕТИКАЛЫҚ** сын. *Косметикаға тән, косметикаға қатысты.*

**КОСМЕТОЛОГИЯ** [грек. kosmetike– әдемілеу өнері, logos – ілім] зат. мед. *Теріні күту, адамның сыртқы келбетін әсемдеу, әртүрлі аурулардың әсерінен және туа біткен немесе жас өзгерісіне байланысты пайда болған ақауларды жасыру, емдеу әдістерін зерттеумен айналысатын клиникалық медицина саласы.*

**КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Косметологияға тән, косметологияға қатысты.*

**КОСМО...** *Сөзге ғарыштық, ғарышқа тән деген мағына үстейтін күрделі сөздің бірінші сыңары.*

**КОСМОГЕНЕЗ** зат. филос. *Ғарыштың, дүниенің жаратылысы, шығу тегі туралы ілім.*

**КОСМОГОНИЯ** [грек. kosmogonia] зат. астрон. ***Ғарыштану*** *(астрономияның ғарыштық денелер мен олардың жүйелерінің пайда болуы мен дамуын зерттейтін саласы).*

**КОСМОГОНИЯЛЫҚ** сын. астрон. *Космогонияға тән, космогонияға қатысты.*

**КОСМОГРАФИЯ** [грек. kosmos – ғарыш, grapho – жазамын] зат. астрон. *Аспандағы жұлдыздарды есепке алудың, жазудың астрономия мен физикалық география бойынша жалпы мәліметтері.*

**КОСМОДИДАР** зат. астрон. *Космостық кеңістікте немесе басқа ғаламшардың үстіңгі қабатындағы ғарыштық аппараттың бортынан теледидар хабарларының бейнелерін желі бойынша қабылдау және тікелей хабар тарататын космостық теледидар.*

**КОСМОДРОМ** [грек. kosmos – ғарыш, dromos – жүгіру орын жайы] зат. ***Ғарышайлақ*** *(ғарыштық ұшқыш аппараттарды құрастыруға, ұшыруға, дайындауға және ұшыруға арналған құрылыстардың, жабдықтардың және жер учаскелерінің кешені).*

**КОСМОЛОГИЯ** [грек. kosmos – ғарыш, logos – ілім] зат. астрон. *Ғаламның біртұтастығы және оның астрономиялық бақылаулар арқылы*

*танылған бөлігі жайлы ілім, астрономияның бір бөлімі.*

**КОСМОЛОГИЯЛЫҚ** сын. астрон. *Космологияға тән, космологияға қатысты.*

**КОСМОНАВТ** [грек. kosmos – ғалам, nautes (теңіз) саятшы] зат. астрон. ***Ғарышкер*** *(ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін әрі оны пайдаланатын адам).*

**КОСМОНАВТИКА** [грек. kosmos – ғалам, nautike – кеме жүргізу] зат. астрон. ***Ғарыштану*** (*ғарыш кеңістігіне ұшу туралы ғылым; жерден басқарылып ұшатын әртүрлі ғарыштық аппараттарды пайдаланып, ғарыштық кеңістікті игеруді қамтамасыз ететін ғылым мен техника салаларының жиынтығы).*

**КОСМОНИМДІК** сын. лингв. *Космонимге қатысты.*

**КОСМОНИМИКА** зат. лингв. *Ғарыш кеңістігі нысандарының, шоқжұлдыздар мен галактикалардың ғылымдағы және халықтық тілдегі атауларын зерттейтін ономастиканың бір саласы.*

**КОСМОНИМИКАЛЫҚ** зат. лингв. *Ғарыш кеңістігі нысандарының атауларына қатысты.*

**КОСМОПОЛИТ** [грек. kosmopolites] зат. **1.** биол. *Бүкіл Жер шарына таралған, яғни ғаламшарымыздың кез келген өңірінен ұшырасатын ағзалар (жәндіктер мен өсімдіктер).* **2.** жаңа.саяси. *Бүкіл жер шарының азаматы ретінде танитын, ұлтсыз, нәсілсіз, ұлттық құндылықты мемлекетті жоққа шығаратын адам.*

**КОСМОПОЛИТИЗМ** [грек. kosmopolites] зат. *Әр ұлттың төл мәдениетін дамытудан гөрі жаһандану процесі арқылы бүкіләлемдік бірегей мәдениет қалыптастыруды артық көретін шектеулі дүниетанымдық бағыт.*

**КОСМОПОЛИТТЕН**=ет. *Ұлттық мазмұн мен бет-бедерді, ұлттық рухани құндылықты жоғалту, космополитке айналу.*

**КОСМОПОЛИТТІК** сын. *Космополитке тән, космополитке қатысты.*

**КОСМОС** [грек. kosmos] зат. астрон. ***Ғарыш.***

**Космос дәуірі.** *Ғарышты игерген кезең.* **Космос кеңістігі.** астрон. ***Ғарыш кеңістігі.*** **Космос кемесі.** ***Ғарышкеме*** *(адамның космосқа ұшуына арналған космостық ұшқыш аппарат).* **Космос нөсері.** астрон. *Ғарыш сәулелері. Жалпы тегімен байланысты және космос сәулесі бөлшегінің Жер атмосферасы бірнеше есе электромагниттік және ядролық өзара әсерлесуі нәтижесінде пайда болған микробөлшектер тобы.* **Космос сәулелері.** астрон. *Әлемдік кеңістіктен Жерге келетін жоғары энергиялы бөлшектер ағыны, сонымен бірге олардан Жер атмосферасында туған қайталама бөлшектер немесе гамма-сәулелену.* **Космосты игеру.** *Ғарышты игеру.*

**КОСМОСТЫҚ** сын. *Космосқа тән, космосқа қатысты.*

**Космостық биология.** астрон. ***Ғарыштық биология*** (*ғарыш кеңістігі және космоста ұшу жағдайында ағзалардың тіршілік ету ерекшеліктерін зерттейтін биологиялық ғылымдар кешені*). **Космостық медицина.** ***Ғарыштық медицина*** *(адам ғарышқа ұшқанда және корабльден ашық космосқа шыққанда, тіршілігіне қажетті оптималды жағдайлар жасауға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қамтитын ғылымдар кешені).* **Космостық ракета.** астрон. ***Ғарышзымыран*** *(жердің жасанды серігінің орбитасындағы космос кеңістігіне және басқа аспан денелеріне ұшқыш аппараттар жіберуге арналған ракета).* **Космостық байланыс.** астрон. ***Ғарыштық байланыс*** (*ғарыштық ұшқыш аппараттар арасындағы, осы аппараттар мен жердегі стансылар арасындағы байланыс және жердегі стансалардың арасында Жердің жасанды спутнигі арқылы жасалатын байланыс*). **Космостық жылдамдық.** астрон. ***Ғарыш жылдамдығы*** *(ғарыш аппараттарының космос кеңістігіндегі қозғалысының траекториясын белгілейтін орбитаға шыққандағы жылдамдығының ең жоғарғы мәні (мөлшері).* **Космостық ұшқыш аппарат.** астрон. *Ғарышқа ұшуға арналған аппараттардың жалпы атауы (жеткізгіш-ракеталар, космостық ракеталар, космос кораблъдері, планетааралық автомат стансылар, орбиталық тұрақты стансылар, Жердің жасанды серіктері және т.б.).*

**КОСМОХИМИЯ** [грек. kosmos – ғалам, лат. (al)chimia – химия] зат. хим. *Химиялық элементтердің бүкіл әлем ауқымында (әлем кеңістігінде, жасынтастарда, жұлдыздарда, ғаламшарларда және олардың жекелеген бөліктерінде) таралу ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы.*

**КОСТАДИАН** [лат. custadio] зат. экон. *Тапсырыскерлердің бағалы қағаздары мен ақшалай қаражатын костадиандық шарт негізінде сақтап, есепке алатын бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы.*

**КОСТЮМ** [франц. costume] зат. ***Кәстөм*** **1.** *Пиджак пен шалбар немесе жакет пен юбкадан құралған сырт киім.* **2.** театр. *Режиссерлік ойға сәйкес актерлердің сахналық образ жасауда пайдаланатын киім-кешегі, түрлі әшекей т.б. заттары.*

**КОСТЮМЕР** [франц. costumer] зат. өнер. *Әртістердің рөлдік киімдерін тігумен, өңдеумен айналысатын театр маманы.*

**КОСЫНКА** ор. зат. *Әйелдің басына байлайтын немесе мойнына орайтын үшкіл, кішкене орамал.*

**КОСЬВИТ** зат. геол. *Ультранегізді тау-жыныстар тобына жататын пироксениттердің рудалық минералы мол түрі.*

**КОТАНГЕНС** [лат. cotangens] зат. мат. *Тік не үшкіл бұрышта түйісіп жатқан бір катеттің басқа бір катетке қатынасы.*

**КОТЕКТИКАЛЫҚ: котектикалық қисық.** физ. *Физикалық-химиялық жүйелердегі фазалық тепе-теңдіктердің диаграммаларында балқыманың қатарына екі қатты фазаның тепе-теңдігіне сай келетін сызықтар.*

**КОТЕЛОК** зат. *Тамақ пісіру және соның өзінен ішу үшін қолданылатын кішкене ыдыс.*

**КОТИЛЬОН** зат. өнер. *Батыс мәдениетінде контрдансқа ұқсас бал биі.*

**КОТИРОВКА** [франц. se coter] зат. экон. *Ұйымдастырылмаған нарықта немесе биржалық тауарларға баға қою, шетел валюта курсы деңгейін белгілеу.*

**Котировканың тікелей әдісі.** экон. *Шетел валюталарын белгілі бір ел өз ақша өлшемімен белгілеу.*

**КОТЛЕТ** [франц. cotelette] зат. тамақ. *Етті, балықты, үй құстарының, сондай-ақ аң мен еті жеуге жарамды жабайы құстардың етін еттартқыштан өткізіп, пияз қосып, қуырып, бұқтырып, су буына пісіретін тағам.*

**КОТТЕДЖ** [ағыл. cottage] зат. *Жекеменшік тұрғын үйлердің сәулетті үлгісі.*

**КОФАКТОРЛАР** зат. хим. *Табиғаты нәруыздық емес органикалық заттардың молекулалары немесе өздеріне сай апоферменттермен кешенде белсенді күрделі ферменттер түзетін металл иондары.*

**КОФЕ** [голл. koffie] зат. **1.** *Тропикалық өсімдіктің, яғни кофе ағашының дәні (тұқымы, ұрығы).* **2.** тамақ. *Кофе дәнінен жасалған сусын.*

**Кофе ағашы.** өс. *Салпыстар тұқымдасына жататын аласа жасыл ағаш не биік ірі бұта.*

**КОФЕИН** [лат. coffeinum] зат. мед. *Кофе бұршақтарында, шай ағашының жапырақтарында және басқа кейбір өсімдіктерде болатын, медицинада жүйке жүйесі мен жүректі әлдендіру үшін қолданылатын дәмі ащы, ақ ұнтақ дәрі.*

**КОФЕҚАЙНАТҚЫШ** зат. тамақ. *Кофені бабына келтіріп, қайнатуға арналған жабдық.*

**КОФЕҰСАТҚЫШ** зат. тамақ. *Кофенің дәнін жармалауға арналған аспап.*

**КОФТА** [швед. Kofta] зат. *Әйелдер киетін жұқа немесе жылы кеудеше.*

**КОХ** зат. спорт. *Армяндардың ұлттық спорттық күресі.*

**КОҺНЕ** сын. ескікіт. *Ескі, көне.*

**КОЭВОЛЮЦИЯ** зат. биол. *Бір-бірінің дамуына оң әсер еткен бір немесе бірнеше жүйелердің бірлескен эволюциясы.*

**КОЭСИТ** [ағыл. Coesite]зат. хим. *Оксидтер класына жататын минерал.*

**КОЭРЦИТИВТІ:** [лат.coërcitio] **коэрцитивті күш.** физ. *Бастапқыда қанығуға дейін магниттелген ферромагнитті үлгі толығымен магнитсізденетін магнит өрісінің кернеулігі.*

**КОЭФФИЦИЕНТ** [лат. coefficiens] зат. мат. *Ауыспалы немесе белгісіз шаманың көбейткіші болатын, тұрақты немесе белгілі шама.*

**КӨБДІК** зат. этн. *Күйек байланбай тұрып қашқан қой мен ешкінің төлі [әдетте желтоқсан, ақпанның суығында төлдейді; малшыларды сарсаңға салып, суыққа шыдамай, өліп қалып жатады, тірі қалса әлжуаз болып нашар өседі].*

**КӨБДІКТЕЙ** сын. *Көбдік сияқты, көбдік тәрізді.*

**КӨБЕ**[1] зат. **1.** анат. <лат. cuticula> *Тырнақтың айналасындағы жиек еті.* **2.** *Бір нәрсенің жиегі, шеті.*

**КӨБЕ**[2] зат. көне. **1.** *Бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мыс, кейде алтын мен күміс табақшаларды қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасаған қорғаныш киім.* **2.** этн. *Батырлардың атының арқасын, қабырғасы мен мойнын түгелдей жауып тұратын жамылғы.*

**Көбелер шарқ-шұрқ болды.** *Көбелерден оқ өтіп, көбелер сөгілді.* **Көбе сауыт.** этн. *Өте ерте заманнан қолданылған тері, сүйек, темір пластиналарды көбелендіре бекітіп жасалған батырлардың қорғану киімі.* **Көбесін сөкті.** *Құрытты, жоқ қылды.* **Көбесі [көбесінен] сөгілді.** а) *Басы бірікпеді, құраспады.* ә) *Құрыды, жоқ болды.* б) *Ыдырады, быт-шыты шықты.* в) *Тігісі сөтінеді.*

**КӨБЕ**[3] зат. саят. *Бүркіттің құйрығындағы әлді қауырсын.*

**Көбе құйрық.** саят. *Бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал қауырсын құйрық.*

**КӨБЕ**[4] зат. сөйл. ***Кепе.***

**КӨБЕБҰЗАР** зат. этн. *Берік сауыттарды, көбесауытты бұзу үшін жасалған мықты жебе.*

**Көбебұзар [қозыжауырын] жебе.** этн. *Арнайы көбе бұзу үшін қолданылатын жебе.*

**КӨБЕГЕН** сын. *Ерте туып, марқа болған қозы, лақ.*

**КӨБЕЖАБЫН** зат. ***Көпежабын.***

**КӨБЕЖЕКТЕ** ет. сөйл. ***Күбіжікте.***

**КӨБЕЙ**= ет. *Молаю, өсу, ұлғаю.*

**КӨБЕЙГІШ** сын. *Көбейе, ұлғая беретін, көбейімпаз, ұлғайғыш.* // мат. *Көбейтілетін сан.*

**КӨБЕЙТ**= ет. **1.** *Молайту, арттыру.* **2.** мат. *Бір санды еселей арттыру үшін қолданылатын амал.*

**КӨБЕЙТКІШ** зат. мат. *Белгілі бір санды еселей көбейтетін сан.*

**КӨБЕЙТТІР**= ет. *Арттыру, молайттыру.*

**КӨБЕЙТТІРУ** *Көбейттір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕЙТТІРІЛ**= ет. *Арттырылу, молайттырылу.*

**КӨБЕЙТТІРІЛУ** *Көбейттіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕЙТУ** зат. мат. *Бір санды берілген көбейткіш қанша болса, сонша рет қайталап*

*қосуды талап ететін арифметикалық төрт амалдың бірі.*

**КӨБЕЙТУ** *Көбейт етістігінің қимыл атауы.* **1.** мат. *Белгілі бір санды берілген көбейткіш қанша болса, сонша рет еселеу.* **2.** *Бір нәрсенің сан-сапасын өсіру, молайту, арттыру.*

**Көбейту кестесі.** мат. *Бірден тоғызға дейінгі сандардың көбейтіндісі берілген жүйелі мәлімет.* **Көбейту кестесіндей жатқа біледі.** *Жақсы есінде, бәрін біледі, шатаспайды деген мағынада.*

**КӨБЕЙТУШІ** зат. *Молайтушы, арттырушы.*

**КӨБЕЙТІЛ=** ет. *Арттырылу, молайтылу.*

**КӨБЕЙТІЛУ** *Көбейтіл етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕЙТІНДІ** зат. мат. *Екі не одан да көп санды көбейткенде шығатын нәтиже.*

**КӨБЕЙТІҢКІРЕ** = ет. *Көбейте түсу, молайыңқырату.*

**КӨБЕЙТІҢКІРЕУ** *Көбейтіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Көбейе түсу, молайыңқырау.*

**КӨБЕЙІҢКІРЕУ** *Көбейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕК** зат. көне. *Қуыс, құбыр.*

**КӨБЕЛЕ=** ет. *Жағалап жүру, жиектеу.*

**КӨБЕЛЕК** зат. зоол. <лат. lepidoptera> **1.** *Түрлі түсті, жұқа қанатты, көгерісте ұшып жүретін кішкене жәндік.* **2.** ауыс. *Жеңілтек, ұшқалақ, тұрақсыз.*

**Көбелек торғай.** *Ергежейлі торғай.* **Көбелек түсті.** *Көбелек өңдес, ала-құла.*

**КӨБЕЛЕКТЕЙ** сын. *Көбелек сияқты, көбелек тәрізді.*

**КӨБЕЛЕКШЕ** үст. *Көбелекке ұқсап, көбелек сияқты.*

**КӨБЕЛІ** сын. көне. **1.** *Көбесі бар.* **2.** ауыс. *Мықты, берік.*

**Көбелі дулыға.** этн. *Киіз мата, теріден тігілген баскиімге сүйек, металл көбелерді бастыра тігіп жасалған дулыға.*

**КӨБЕЛІК** зат. *Жиек, жағалық.*

**КӨБЕН** сын. *Аздап семірген, біраз оңалған.* // *Аздап семірген, оңалған адам.*

**КӨБЕНДЕ=** ет. **1.** *Аздап семіру, оңала түсу.* **2.** ауыс. *Өз-өзінен ісініп-кебіну, мақтану.*

**КӨБЕНДЕЙ** сын. *Семірген адам сияқты.*

**КӨБЕНҚҰЙРЫҚ** зат. өс. <лат. cousinia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық өсімдік.*

**КӨБЕҢ**[1] зат. этн. түйешар. **1.** *Жүріс көтермейтін, аз жүрсе де ақ көбік болып терлейтін, денесі бос, борсиған түйе.* **2.** *Түйенің көктемге қарай бос жіберіліп, тойына бастаған, өркешінің жел қарағы көтеріле бастаған кезі.*

**Көбең ат.** *Алғаш шыққан көкке тойынған еті бос ат.* **Көбең бие.** *Қыстан арық шығып немесе көбірек мініліп, титығына жеткесін жайылысқа жіберіліп, титығына жеткесін жайылысқа жіберілген биенің бойына ет бітіп, қоңданып, тойына бастаған кезі.* **Көбең жал.** этн. *Көбірек жал бітіп, енді су тартқан жылқының жалы.* **Көбең кез.** этн. *Малдың қыс ауыртпалығынан сергіп, іштегі жел-құзы мен қалдық жынын тастап, оңалған шағы.*

**КӨБЕҢ**[2]**: көбең қараңғы.** *Күн батқаннан кейінгі кез.*

**КӨБЕҢДЕН=** ет. *Сергу, жеңілдену.*

**КӨБЕҢДЕНУ** *Көбеңден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕҢДЕУ** сын. *Семіздеу, оңалған.*

**КӨБЕҢДІК** зат. **1.** *Семіздік, ет алғандық.* **2.** ауыс. *Босаңдық, әлсіздік, осалдық.*

**КӨБЕҢСУ** *Көбеңсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕҢСІ=** ет. *Оңала бастау, ет алу, семіру.*

**КӨБЕҢСІН=** ет. *Өзін көбең санау.*

**КӨБЕРСУ** *Көберсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨБЕРСІ=** ет. *Ісініп көтеріле бастау, ісу.*

**КӨБЕШІК** зат. *Үйілген кішкене шөп, кішкене шөмеле.*

**КӨБЕЮ** *Көбей етістігінің қимыл атауы.*

**Көбею инерциясы.** биол. *Популяциядағы дарақтар санының артуы.* **Көбею коэффициенті.** биол. а) *1 мың жеке ағзаға немесе 1 мың аналыққа, не көбейетін дараққа шаққандағы туған дарақтар саны.* ә) *Өсім коэффициенті немесе табиғи өсімнің өзгеше жылдамдығы.*

**КӨБЕЮШІ** сын. *Молаюшы, ұлғаюшы.*

**КӨБІК** зат. **1.** *Сұйық зат қайнағанда, шайқалғанда көпіріп бетіне шығатын жеңіл нәрсе.* **2.** *Малдың аузынан көпіріп шығатын сілекей.* **3.** *Ағын судың бетіндегі ақ түсті көпіршік.*

**Көбік астауы.** спорт. *Жүзу бассейіндерінің жиегіне ластанған көбік суларды жинап шығаруға арналған астау.* **Көбік атты.** *Көбік шашты, көбіктенді.* **Көбікке көмілдірді.** *Көбік шашты, көбік атқылады.* **Көбік қар.** *Жаңа жауған, әлі қата қоймаған, жұмсақ, ұлпа қар.* **Көбік май.** *Жаңа пайда болған, көбіктенген май.* **Көбік сөз.** *Бос сөз; мылжың, пәтуасыз сөз.* **Көбік тер.** этн. *Бәйгеге қосылатын жүйріктің көбіктеніп шыққан, дәмі кермек, таза тұнық терге дейінгі ащы тері.* **Көбік шашты.** а) *Көбік атты, буырқанды атты.* ә) *Жынын шашты.*

**КӨБІКАМИНОПЛАСТ** зат. хим. *Қуысты кірпішті қабырғаны және шатырды жылу оқшаулауға, дренажға, топырақты беріктеуге және құрылымдауға, пластопоникаға арналған зат ретінде қолданылатын несепнәр-формальдегидті шайырлар негізінде алынатын қатты көбікпласт.*

**КӨБІКАУЫЗ** сын. *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме.* //*Көп сөйлейтін мылжың, көкіме; жел сөзді, сөзшең, бөспе адам.*

**КӨБІКЕЗУ** сын. *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме.*

**КӨБІКҚЫШ** зат. хим. *Ұяшықты құрылымды қыштық материалдар.*

**КӨБІКӨКПЕ** сын. *Ештеңеге икемі жоқ, шалағай, ісіп-кеппе (адам); ынжық, бос, бозөкпе.*

**КӨБІКПЛАСТАР** зат. хим. *Құрамдарына толтырғыш ретінде газ фазасы кіретін пластмассалар.*

**КӨБІКПОЛИВИНИЛХЛОРИД** зат. хим. *Амортизаторларға, дыбыс оқшаулаушы аралық жасауда, тербелуден қорғаушы құралдарды алуда қолданылатын винилхлорид қосполимерлері негізіндегі көбікпласт.*

**КӨБІКСІЗ** сын. **1.** *Көбігі жоқ.* **2.** ауыс. *Еш нәрсе қоспай, әсірелемей.*

**КӨБІКТАС** зат. геол. *Жанартаулық таужыныс, кеуектас, пемза.*

**КӨБІКТАСТЫ** сын. геол. *Көбіктастан жасалған.*

**Көбіктасты конус.** геол. *Негізінен көбіктастан тұратын конус пішінді шағын жанартаулық құрылыс.*

**КӨБІКТЕ=** ет. *Өсіру, дандайсыту.*

**КӨБІКТЕЙ** сын. **1.** *Көбік сияқты, көбік тәрізді.* **2.** ауыс. *Бос, мәнсіз.*

**КӨБІКТЕН=** ет. **1.** *Судың көбіршіктеніп, көбік атуы.* **2.** *Тер басу, зорығу, титықтау, діңкелеу.*

**КӨБІКТЕНУ** зат. хим. *Көбік түзуге бағытталған арнайы әдіс пен үдеріс.*

**КӨБІКТЕУ** сын. *Мәнсіздеу, маңызсыздау.*

**КӨБІКТҮЗУ** зат. хим. *Көбіктің түзілу процесі.*

**КӨБІКТІ** сын. *Көбігі бар, көбіктенген.*

**КӨБІКШЕ**[1] зат. анат. *Көбік тәрізді ұсақ қуыстар.*

**КӨБІКШЕ**[2] үст. *Көбікке ұқсап, көбік секілді.*

**КӨБІНЕ** үст. **1.** *Көбінесе, көпшілігінде, көбісінде.* **2.** *Көпшілігіне, бір қатарына.*

**КӨБІНЕКЕЙ** үст. сөйл. *Көбінесе, көбіне.*

**КӨБІНЕ-КӨП** үст. *Көбінесе, көбіне, көптен-көп.*

**КӨБІНЕСЕ** үст. *Көбіне, көпшілігіне, көбінекей.*

**КӨБІНШЕ** үст. *Көбінесе, көбінекей.*

**КӨБІР** зат. көне. *Көң, қи.*

**КӨБІРЕК** сын. *Молырақ, толығырақ, көптеу.*

**КӨБІРЕКТЕУ** сын. *Молырақтау, көптеу.*

**КӨБІРСІ=** ет. *Шамалы құрғау, кебу.*

**КӨБІРШІК** зат. *Көпіршік, көбік.*

**КӨБІРШІКТЕН=** ет. *Көбіктену; көпіршу.*

**КӨҒАЛ** зат. **1.** *Көк шөпті шалғын жер.* **2.** *Сәндік, спорттық немесе арнайы (аэродромдар т.б.) мақсатта өсірілетін шөп жамылғысының ұлескісі.* **3.** өс. <франц. gazon> *Елді мекендерде егілетін жасанды көпжылдық шөп.*

**Көгалдағы хоккей.** спорт. *Көгалды алаңда өтетін командалық спорт ойыны.*

**КӨҒАЛА** зат. *Адам денесіне көк таңдақ болып шығатын ауру.* // *Көгала ауруы келсін деген мәндегі қарғыс.*

**КӨҒАЛАЛЫ** сын. *Алуан түрлі, әртүрлі (жылқы туралы).*

**КӨҒАЛДАЙ** сын. *Көгал сияқты, көгал тәрізді.*

**КӨҒАЛДАН=** ет. *Көк шөп өсу, жасылдану.*

**КӨҒАЛДАНДЫР=** ет. *Көк шөп өсіру, жасылдандыру.*

**КӨҒАЛДАНДЫРУ** *Көгалдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҒАЛДАНДЫРУШЫ** зат. *Орта сапасын жақсарту үшін елді мекендегі және оның айналасындағы бос жерлерге мәдени не жабайы өсімдіктер өсіруші.*

**КӨҒАЛДАНДЫРЫЛ=** ет. *Орта сапасын жақсарту үшін елді мекендегі және оның айналасындағы бос жерлерге мәдени не жабайы өсімдіктер өсіру.*

**КӨҒАЛДАНДЫРЫЛУ** *Көгалдандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҒАЛДАУ** сын. *Көгалы молдау.*

**КӨҒАЛДЫ** сын. *Көгалы мол.*

**КӨҒАЛДЫҚ** сын. *Көгал егуге арналған (шөп).*

**КӨҒАЛЖЫМ** сын. *Көкшіл.*

**КӨҒАРШЫН** зат. сөйл. ***Көгершін.***

**КӨҒАРЫШ** зат. *Көк шөп, көгеріс.*

**КӨҒАШ** зат. *Ашық түсті кірді әрлендіру үшін пайдаланылатын көк бояу.*

**КӨҒАШТА=** ет. *Көк бояуға салу; көк бояуға малу.*

**КӨҒАШТАУ** *Көгашта етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҒӘЛЖІМ** сын. сөйл. ***Көгалжым.***

**КӨГЕБАЙ** зат. қолөнер. *Судыраған жылтыр матадан тігілген жеңіл шапан.*

**КӨГЕН** зат. этн. **1.** *Қой, қозы-лақтарды мойындарынан байлау үшін бұршақтар тағылған, бір ұшы түйілген, ұзын жіп, арқан.* **2.** ауыс. *Бұғау, қыспақ.*

**Көгенге асылу.** этн. *Жүкті әйел толғатқанда керегеге керулі арқанға кеудесімен асылып тұрып босану амалы.* **Көгеннен ағытылған қозыдай жамырады.** *Бостандық алуға, еркіндікке шығуға асықты, жүгірді.* **Көгендерің көбейсін!** этн. *Қой қоздап, ешкі төлдеп жатқан кезде көгенің қозылы болсын деген мағынада айтылатын ізгі тілек.* **Көгеннің бұршағын мойынға салды.** этн. миф. *Тәңірге жалбарынды, Тәңірден тіленді.* **Көген майлау.** этн. *Жыл сайын мал төлдеп болған соң, көген тартылар алдында көктемде өткізілетін ғұрыптық мәнді мерекелік шара [көген тартқан малдың иесі көген басына барын салып дастарқан жайып, туыс-туғандарымен бірге бүкіл көңілжетер кісілерін шақырады; келген қонақтар өздерімен бірге дастарқанға салатын базарлықтарын ала келіп, көген иесін малының аман-есен төлдеп болғанымен құттықтап, көген бұршақтары мен қазығына ырымдап айран, май жағып, мал иесінің отбасы, мал-жаны аман болуын тілейді].* **Көгенін үзді.** *Басымдық етті, жеңді.*

**КӨГЕНБАС** зат. этн. *Күйекте ең алғаш туған марқа қозы, лақтың атауы.*

**КӨГЕНБАСЫ** зат. этн. *Ерте көктемде алғашқы туған қозының атауы.*

**Көгенбасы таңдау.** этн. *Көгенбасына лайық ақсарбас, көкқасқа, ашық қоңыр сияқты жағымды түсі бар, енесі көп өскен, бұрыңғы қозылары сүтті, құтты, яғни өсімтал болған ұрғашы қозы таңдау дәстүрі.*

**КӨГЕНДЕ=** ет. **1.** *Көгенге байлау, көгенге ілу.* **2.** ауыс. *Қатарластыра тізу, қатар отырғызу.* **3.** ауыс. *Бірге тізімдеу, тіркеу.*

**Көгендеген қойдай [қойға ұқсап].** а) *Тізіп байланғандай.* ә) *Сыпыра, түгелдей.*

**КӨГЕНДЕЙ** сын. *Көген сияқты, көген тәрізді.*

**Көгендей көзі жаудыраған.** *Жаутаң-жаутаң еткен, жаутаңдаған (жас).*

**КӨГЕНДЕЛ=** ет. **1.** *Шырмалу, босай алмау.* **2.** *Тізімге алыну.*

**Көгенделген [көгендеулі] қозыдай.** а) *Байлаулы.* ә) *Қаз-қатар тізілген.*

**КӨГЕНДЕЛУ** *Көгендел етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕНДЕН=** ет. *Тағылу, қадалу.*

**КӨГЕНДЕНУ** *Көгенден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕНДЕС=** ет. *Бірге көгендеу.*

**КӨГЕНДЕТ=** ет. *Көгенге тіздіру, көгендегі бұршаққа байлату.*

**КӨГЕНДЕТУ** *Көгендет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕНДЕУ** *Көгенде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕНДЕУЛІ** сын. **1.** *Көгенге байлаулы, көгенге ілулі.* **2.** ауыс. *Шырмаулы, тығыз байланысты.*

**Көгендеулі лақтай.** *Қол-аяғы байлаулы, тұсаулы, шектелген кісідей.*

**КӨГЕНДІ** сын. *Көгендеулі, көгенге байлаулы.*

**КӨГЕНДІК** зат. этн. жерг. ***Көгентүп.***

**КӨГЕНКӨЗ** сын. *Өз көгенінен ары бармаған, аяғы тұсаулы; мүмкіндігі шектелген.*

**Көгенкөз жас.** *Өрімдей жас, жап-жас.*

**КӨГЕНКӨЗДЕН=** ет. *Телміру, байлаулы жандай қолға қарау.*

**КӨГЕНКӨЗДЕНУ** *Көгенкөзден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕНСАБАҚ** зат. бот. *Түйінектен өсіп таралған сабақ.*

**КӨГЕНТАМЫР** зат. бот. <лат. rhizoma> *Тамыр қабығы, тамыр түгі мен жапырақтары болмайтын жер астындағы сабақ.*

**КӨГЕНТАСТАМ: көгентастам жер.** этн. *Көген бойындай жақын арақашықтық мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**КӨГЕНТОЙ** зат. этн. *Көген майлау.*

**КӨГЕНТҮП** зат. **1.** *Өсіп-өнетін негіз мал.* **2.** этн. *Дәстүр бойынша нағашы жұрттың алғаш төркіндеп келген қызға немесе жиенге ырымдап сыйға тартылатын малдың төлі.*

**КӨГЕНШАР** зат. этн. *Қазақтың дәстүрлі туыстық атауларының ішінде «жиеншарға» ұқсас нағашы жұртына қатысты қолданылатын атау [ұзатылатын қыздан туғандар «жиен», одан «жиеншар», жиеншардан «дегеншар», осы дегеншардан туғанды «көгеншар» деп атаған, жиеншар сияқты ерекше құрметке бөленген].*

**КӨГЕНШЕ** зат. *Кішкене көген, шағын көген.*

**КӨГЕР** зат. сөйл. *Гагар үйрек.*

**КӨГЕР=** ет. **1.** *Көк түске ену, көк рең алу, көкшілдену.* **2.** *Көк шөп басу.* **3.** *Бүліну, шіру.* **4.** ауыс. *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты өңінің өзгеруі.* **5.** ауыс. *Өсіп-жетілу, өсіп-өну.* **6.** ауыс. *Жайнау, құлпыру, дегеніне жету.* **7.** ауыс. *Оңу, жетісу, мақсатына жету.*

**КӨГЕРЕҢ** сын. *Көгіс, көкшіл.*

**КӨГЕРЕҢДЕ** ет. *Аздап көктеу, көкшілдеу.*

**КӨГЕРЕҢДЕУ** *Көгереңде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕРМЕГІР =** ет. қарғ. *Оңбағыр, өсіп-өркендемегір.*

**КӨГЕРТ=** ет. **1.** *Көк түске бояу, көк түске ендіру.* **2.** *Көк шөп өсірту.* **3.** ауыс. *Оңдыру, жетілдіру.* **4.** ауыс. *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты өңін өзгертуі.*

**КӨГЕРТКІШ** сын. *Түсін көк етуші, көкке бояушы.*

**Көгерткіш қышқыл.** хим. *Жаппай улайтын улағыш, ащы бадам иісті, буы ауадан жеңіл, тез тарайтын сұйықтық.*

**КӨГЕРТІП-КӨРКЕЙТ=** ет. *Адамды, адам жасайтын үй-қоныс, ауыл-аймақты, сондай-ақ барша ел-жұртты қолын табысқа жеткізіп, өсіріп-өркендетіп, дамыту.*

**КӨГЕРТІП-КӨРКЕЙТУ** *Көгертіп-көркейт етістігінің қимыл атауы*

**КӨГЕРУ** *Көгер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көк түске ену.* **2.** ауыс. *Даму, жетілу.*

**КӨГЕРШІН** зат. зоол. *Көкшіл сұр түсті, ақ қауырсынды, кептерлер сияқты үлкен жемсаулы құс.*

**КӨГЕРШІНДЕЙ** сын. *Көгершін сияқты, көгершін тәрізді.*

**КӨГЕРШІНШЕ** үст. *Көгершінге ұқсап, көгершін сияқты.*

**КӨГЕРІҢКІ** сын. *Көкшілдеу, көктеу.*

**КӨГЕРІҢКІРЕ=** ет. *Көгере түсу.*

**КӨГЕРІҢКІРЕУ** *Көгеріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕРІП-САЗАРЫП** үст. *Бозарып-безеріп, боп-боз болып.*

**КӨГЕРІП-СҰРЛАНЫП** үст. *Құп-қу болып, көк сұр тартып.*

**КӨГЕРІС** зат. *Көк шөп, бау-бақша.*

**КӨГЕРІСТЕН=** ет. *Көгеріп кету.*

**КӨГЕРІШ** зат. сөйл. ***Көгеріс.***

**КӨГЕРІШТЕН=** ет. *Көгеру, көгерістену.*

**КӨГЕРІШТЕНУ** *Көгерiштен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГЕРІШТІ** сын. *Көгерісі мол.*

**КӨГЖІЛТІМ** сын. сөйл. ***Көкшілтім.***

**КӨГӨРІМ** зат. сөйл. ***Көкөрім.***

**КӨГІЛДІР**[1] сын. *Көкшіл, көк түсті.*

**Көгілдір көкшіл.** *Көгілдір, көкшіл түстердің араласып келуі.* **Көгілдір күлгін.** *Көгілдір, күлгін түстердің араласып келуі.* **Көгілдір тартты.** *Көкшілденді, көгілдірленді.* **Көгілдір түлкі.** зоол. *Терісі бағалы, жыртқыштар отрядына жататын жыртқыш аң.* **Көгілдір сәуле.** физ. *Жарықтың жеті түрлі түсінің алтыншы реңі.* **Көгілдір шатыр.** бейн. *Аспан.* **Көгілдір шуақ.** *Аспан түстес болып түскен күн сәулесі.* **Көгілдір экран.** *Теледидар қондырғысы.*

**КӨГІЛДІР**[2] зат. *Аққудың балапаны.*

**КӨГІЛДІРДЕЙ** сын. *Көгілдір сияқты, көгілдір тәрізді.*

**КӨГІЛДІР-КҮҢГІРТ** сын. *Заттың таза көк емес, күңгірттеу көгілдір түсі.*

**КӨГІЛДІРЛЕН=** ет. *Көкшілдену, көгілдір тарту.*

**КӨГІЛДІРЛЕНУ** *Көгілдірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГІЛДІРЛЕУ** сын. *Көкшілдеу, көгілжімдеу.*

**КӨГІЛДІРЛІ** сын. *Көгілдірі мол.*

**КӨГІЛДІРЛІК** зат. *Көкшілдік.*

**КӨГІЛДІРІК**[1] зат. ***Көкжиек.***

**КӨГІЛДІРІК**[2] зат. сөйл. ***Көгілдір.***

**КӨГІЛДІРІКТЕЙ** сын. сөйл. ***Көгілдірдей.***

**КӨГІЛЖУ** *Көгілжі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГІЛЖІ =** ет. *Көк түске ену, көкшілдену.*

**КӨГІЛЖІМ** сын. *Көгілдір, көкшілтім.*

**Көгілжім тартты.** *Көгілдірленді, көкшілденді.*

**КӨГІЛЖІМДЕН=** ет. *Көкшілдену, көгілдірлену.*

**КӨГІЛЖІМДЕНУ** *Көгілжімден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГІРЕК** сын. *Көктеу, ашық көкшілдеу.*

**КӨГІС** сын. *Көкшіл, көгірек. //Көгі мол жер.*

**Көгіс тартты.** а) *Көкшілденді, көгілжім тартты.* ә) *Көгерді, көгере түсті.*

**КӨГІСТЕН=** ет. *Көгеру, көкшілдену.*

**КӨГІСТЕНУ** *Көгістен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨГІСТІК** зат. *Көкшілдік, көгілжімдік.*

**КӨДЕ**[1] зат. өс. <лат. stipa> *Сұлы тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.*

**КӨДЕ**[2] зат. *Бір байлам, бір буда бау; үйілген шөп, мая.*

**КӨДЕДЕЙ** сын. *Көде сияқты, көде тәрізді.*

**КӨДЕК**[1] [ир. کودک] зат. **1.** *Сәби, бала.* **2.** *Жасөспірім, жеткіншек. //Ебедейсіз, икемсіз.*

**КӨДЕК**[2] зат. *Есектің төлі, қодығы [есектің кішкентай баласын көдек, қодық деп, ал одан үлкенін тайқар, есектің ұрғашысын мада, еркегін әңгі деп атайды].*

**КӨДЕ-КӨДЕ** зат. *Көп көде.*

**КӨДЕКСУ** *Көдексі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨДЕКСІ=** ет. *Икемге келмеу, әдеттен жаңылу.*

**КӨДЕКТЕ=** ет. *Ебедейсіздену.*

**КӨДЕКШЕ** үст. *Көдек сияқты, көдекке ұқсап.*

**КӨДЕЛЕ=** ет. *Көде жасау.*

**КӨДЕЛЕУ** *Көделе етістігінің қимыл атауы.*

**КӨДЕЛІ** сын. *Көдесі бар, көде біткен, көде өскен.*

**КӨДЕЛІЛЕУ** сын. *Көдесі молдау, көделірек.*

**КӨДЕРІ** сын. ***Құдірейген.***

**КӨДИ-СӨДИ** зат. қарап. сөйл. *Ұсақ-түйек, анау-мынау.*

**КӨДІК** зат. көне. *Жабайы өскен, қалың жынысты қорым, ну ағаш.*

**КӨДІРЕ** зат. сөйл. ***Құдері.***

**КӨДІРЕҢ** сын. *Егілмей, жабайы шыққан, қодырақ.*

**КӨЖЕ** зат. **1.** тамақ. *Еттен, ұннан, дәнді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас.* **2.** сөйл. *Тамақ, азық.* **3.** ауыс. *Былық, былапыт.*

**Көже мас.** *Болымсыз нәрсеге дандайсыған, босқа дардиған.* **Көженің қатығы.** *Көже жасауға нәр болатын ет, сүт, май т. б.*

**КӨЖЕБУАЗ: көже буаз қылды.** *Болымсыз нәрсеге қанағаттандырды, сәл нәрсеге риза етті.*

**КӨЖЕДЕЙ** сын. **1.** *Көже сияқты, көже тәрізді.* **2.** ауыс. *Өте көп, мол.*

**КӨЖЕК** зат. **1.** *Қоянның баласы.* **2.** ауыс. *Бала.*

**Көжекке ұқсады.** *Қорықты, жүрексінді.*

**КӨЖЕКЖАРЫС** зат. этн. ойын. *Балалардың жарысып ойнайтын ойыны.*

**КӨЖЕ-КӨКІР** зат. *Ішер тамақ, жейтін асқа жататын, бірақ құнарсыз, қауқары (колориясы) жоқ жеңіл, әрі арзан тағамдар.*

**КӨЖЕ-КӨПСІК** зат. *Көже т.с.с. сұйық тағам.*

**КӨЖЕКТЕ=** ет. *Көжек туу, көжекті болу.*

**КӨЖЕКТЕЙ** сын. *Көжек сияқты, көжек тәрізді. //Көжек сияқты адам.*

**КӨЖЕКТЕУ** *Көжекте етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЖЕКШЕ** үст. *Көжекке ұқсап, көжек сияқты.*

**КӨЖЕҚЫМЫЗ** зат. тамақ. *Қымыз араласқан көже.*

**КӨЖЕЛІ** сын. *Ішім-жемі, азық-түлігі бар.*

**КӨЖЕЛІК** зат. *Көже жасауға жетерлік азық.*

**КӨЖЕ-ПӨЖЕ** зат. *Көже және басқа тағам, ас.*

**КӨЗ**[1] зат. **1.** *Көру мүшесі.* **2.** анат. <лат. oculus> *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.* **3.** зерг. *Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.* **4.** ауыс. *Нәрсенің өзі.* **5.** ауыс. *Адам, жан.* **6.** ауыс. *Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.* **7.** ауыс. *Ақыл, ес, сана.* **8.** ауыс. *Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі.* **9.** ауыс. *Иненің жіп өткізетін тесігі.* **10.** ауыс. *Кереге және торлы заттардың тесігі.* **11.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.* **12.** ауыс. *Алды, көз алды.* **13.** ауыс. *Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі.* **14.** ауыс. *Тұрғы, көзқарас, ұстаным.*

**Көз ағартты.** *Көрінбеді, ұшті-күйлі жоғалды, ат ізін салмады.* **Көз адасты.** *Шатасты, таба алмады.* **Көз айырмады.** *Көз алмай, қадалып ұзақ қарады.* **Көз алартты.** а) *Жек көрді, жақтырмады, ұнатпады.* ә) *Сес көрсетті, күшпен тартып алғысы келді.* б) *Қызғанды, қызықты, күндеді.* **Көз аларту.** *Қастандық істеу, зиян келтіру.* **Көз алдады.** *Алдамсыратты, арбады, алдап-сулады.* **Көз алдау.** *Жалған, алдамшы, өтірік.* **Көз алды.** *Көзінің маңайы, асты.* **Көз алды бұлдырады.** *Көзі қарауытты, тұманданды; көрмей қалды.* **Көз алдына келді [елестеді].** *Есіне түсті, елестеді.* **Көз алдына [көзге] келтірді [елестетті].** *Бұрын көрген нәрсені сол күйінде елестетті, еске алды.* **Көз алдынан.** *Қарсы алдынан, бет алдынан.* **Көз алдынан кетпеді.** *Елестей берді, ұмытылмады.* **Көз алдынан өткізді.** *Бұрын көрген нәрсені сол күйінде елестетті, еске алды.* **Көз алдынан өтті.** *Ойша елестетті, есіне алды.* **Көз алдында.** *Қарсы алдында, бет алдында, көзінше.* **Көз алдында тұрды.** *Ұмытылмады, естен кетпеді.* **Көз алмады [аудармады, жазбады].** а) *Ұзақ қадала қарады, тесіле қарады басқа жаққа бұрылмады.* ә) *Жіті назарында ұстады, қалт жібермеді.* **Көз алмасы.** а н а т. <лат. bulbus oculi> *Пішіні шар тәрізді, алдыңғы бетінен артқы жағына қарай сәл қысыңқы келген көру мүшесінің негізгі бөлігі.* **Көз арбады.** *Көңіл бөлді, алаңдатты.* **Көз асып кетті.** *Көзден таса болды, көрінбей кетті.* **Көз асырды.** *Таса қылды, көрсетпей қойды.* **Көз аурулары.** м е д. *Адам ағзасындағы жүйке жүйелерінің, жүрек-қан тамыры жүйелерінің ауруға шалдығуынан, сондай-ақ көз айналасындағы ауру салдарынан көзде болатын сырқат түрлері.* **Көз ашқанша.** *Тез арада, лезде.* **Көзді ашқызбады.** *Түк көрсетпеді, қарауға мүмкіндік бермеді.* **Көз ашпады [ашқан жоқ].** а) *Құтыла алмады; арылмады.* ә) *Бір нәрсенің үздіксіз болуынан дамыл көрмеді.* **Көз ашты.** а) *Дүниеге келді, туды.* ә) *Хат таныды, сауаттанды, әр нәрседен хабардар болды.* б) *Сергіді, дүниеге жөндеп қарады.* **Көз аштырмады.** а) *Қарауға мүмкіндік бермеді, шағылысты.* ә) *Бастың ауруынан көзі түйнеп ауырды.* б) *Бет қаратпады, төпеледі.* в) *Тоқтамады, дамыл таппады.* г) *Желдің, дауылдың, боранның ұйытқып соғуынан алға қарай алмады.* **Көз ашып, жүрек жуды.** *Көңілді оятты, жүректі тазартты.* **Көз ашырмады.** с ө й л. *Тыным таптырмады, маза бермеді.* **Көз байлады.** а) *Сиқырлықпен адам нанғысыз нәрселерді жасады.* ә) *Алдады, арбады.* **Көз байланды.** *Ымырт жабылды, қас қарайды, қараңғы түсті.* **Көз байлау.** э т н. *Бақсының ауруды емдеу кезінде бақсыойнаққа қатысушыларға неше түрлі кереметтерді көрсетуі.* **Көз байыды.** *Көз қанықты, көп нәрсеге көз жетті.* **Көз барда.** с ө й л. *Қараңғы түспей тұрғанда.* **Көзбен атты.** *Жақтырмай қарады, көзін алартты, көзімен атты.* **Көзбен жеді [ішіп-жеді].** *Тесіле қарады, көзін алмады.* **Көзбен жер шұқылады.** *Басын жерден көтермеді, көңілі құлазыды.* **Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық.** *Естіген өтірік, көрген шын деген мағынада.* **Көзбен көрді.** *Өзі көріп білді, көзін жеткізді.* **Көзбен көріп, қолмен ұстағандай.** *Айқын, анық.* **Көзбен тінтіді.** *Қарап шықты, аралады.* **Көзбен ұзатты [шығарып салды].** *Көзін алмай, соңдарынан қарап тұрды, көрінбей кеткенше қарап тұрды.* **Көзбен шолды.** *Жаппай шолып қарап, бағдарлады.* **Көз болды.** *Ие болды, бас-көз болды, басы-қасында жүрді, қорыды.* **Көз бояды.** *Алдады, өтірік айтты, шындықты жасырды.* **Көз бояу.** *Алдау, шындықты жасыру.* а) *Алдаушы, шындықты бұрмалаушы.* ә) *Сиқыршы болу, фокус жасау.* **Көз бұлдырады.** *Жан-жағын анық көре алмай қалды.* **Көз бұқасын көрсетті.** *Жақтырмай қарады, ала көзімен атты.* **Көз бұршағы.** а н а т. *Пішіні сопақша келген, екі беті дөңес линзаға ұқсас мөлдір құрылым.* **Көзге айтты.** *Ойын жасырмай, ашық бетіне айтты.* **Көзге алмады.** *Елемеді, көзге ілмеді.* **Көзге басылды.** *Көзге түсті, ұшырады, көрінді.* **Көзге былай, сыртқа былай.** *Шынайы емес, құбылма, екіжүзді адам.* **Көзге еленбеді.** *Көрінбеді, білінбеді.* **Көзге елестеді.** а) *Елес берді, көз алдына келді.* ә) *Еске түсті, ойына келді.* **Көзге жас алды.** *Көңілі босады, жылады.* **Көзге жас оралды [келді].** *Жылағысы келді, көңілі босады.* **Көзге жылпың, сыртқа қылпың көрінді.** *Өтірік мәймөңкеледі, көнгірсиді (бояма бет, жағымсыз адам туралы).* **Көзге жылы [оттай] көрінді [ұшырады].** *Жақын, үйреншікті сезілді, ыстық тартты.* **Көзге көрінбеді.** а) *Істеген ісі, жақсылығы бағаланбады.* ә) *Көзіне аз көрінді, қанағат қылмады.* **Көзге көрінді.** а) *Көрінді, алдынан шықты.* ә) *Жолықты, кездесті.* б) *Жұрт көзіне түсті, ауызға ілінді.* **Көзге күйік.** б е й н. *Қызғаныш, қызғаншақтық, әсіре қызығушылық.* **Көзге күйік болды.** *Жеккөріністі болды, көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді.* **Көзге қағыс жер.** *Көрінбейтін, қалтарыс жер.* **Көзге қамшы тигендей.** а) *Істер амалы таусылды, соққы көрді, лажы құрыды.* ә) *Шыр көбелек айналды, тыжбалаңдады.* **Көзге қораш.** *Сырт кейпі келіссіз деген мағынада.* **Көзге мақтады.** *Бетіне мақтады, көзінше мақтады.* **Көзге оттай [шоқтай] басылды [ұшырады].** а) *Бұрыннан таныс, жақын кейіппен қуанышты кездесті.* ә) *Өте жылы ұшырап кетті.* **Көзге сап ете түсті.** *Бірден көріне кетті, көзге басылды.* **Көзге тоқ.** *Көрер көзге мол, денелі.* **Көзге түрткі.** *Көзге күйік, жексұрын.* **Көзге түрткі болды.** *Көзге шыққан сүйелдей болды, жеккөріністі болды, шеттетілді.* **Көзге түрткі қылды.** *Көзге шыққан сүйелдей етті, шетқақпай қылды.* **Көзге түртсе көрмейтін [көргісіз, көрінбейтін].** *Тас түнек қараңғы, ештеңені көріп болмайтын, түк көрінбейтін.* **Көзге түскіш.** *Өзіне назар аударғыш, байқалғыш; назарға ілінгіш.* **Көзге түсті [шалынды, ілікті].** а) *Көрінді, байқалды.* ә) *Кездесті, ұшырасты.* б) *Жақсы танылды, ерекшеленді.* в) *Көңіл аудартты, көз тартты.* **Көзге ұрды [ұрынды].** *Ерекше көзге түсті, ерекшеленді.* **Көзге шұқыды [түртті].** а) *Анықтап көрсетті.* ә) *Бетіне басты, бүкпесіз ашып айтты. Бүкпесіз ашып айтты.* б) *Көзге күйік етті.* **Көзге шыққан [түскен] сүйел [сүйелдей] болды.** *Жеккөріністі көрінді, елден ерекше жексұрын болды.* **Көзге ыстық [оттай] көрінді.** *Өте жылы ұшырап кетті, көзге оттай басылды.* **Көзге ілмеді [ілсін бе?].** а) *Елемеді, қарамады.* ә) *Менсінбеді, місе тұтпады.* б) *Керек қылмады, қажет етпеді.* **Көзге ілмеу.** *Менсінбеу, елемеу.* **Көзге ілінді.** а) *Көрінді, байқалды, көзге түсті.* ә) *Кез болды, кез келді.* **Көзден бұлбұл [бұлттай, бір-бір] ұшты.** а) *Көзден ғайып болды, жоғалды, көрінбей кетті;* ә) *Бір көруге зар болды, зарықты.* **Көзден ғайып болды.** *Көрінбей кетті, зым-зия жоқ болды.* **Көзден жасы бұршақтады.** *Егіліп жылады, көзден жасы парлады.* **Көзден жас кетпеді.** *Өмірі жылаумен өтті.* **Көзден жас парлады [төгілді].** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көзден жас мөлтілдеді.** *Көзіне жас толды.* **Көзден жасын төкті.** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көзден жасы сорғалады.** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көзден жасын сықты.** *Жылады, көзіне жас келді.* **Көзден кетпеді.** *Ұмытылмады, естен кетпеді.* **Көзден қан ағызды.** *Қатты қамықты, қайғырды.* **Көзден нұр тайды.** *Әлсіз, көмескі көре бастады, анық көре алмады.* **Көзден от жалындады.** б е й н. *Жанары алаулады, жанарынан от шашты.* **Көзден от көрді.** б е й н е. *Жанарынан ұшқын байқады.* **Көзден өткізді.** а) *Өз көзімен көрді, айғағы болды.* ә) *Жан-жағына мұқият қарады, айналаны әбден шолды.* **Көзден от шашты.** б е й н е. а) *Жанары алауланды.* ә) *Ашу-ыза төкті, ызбар шашты.* **Көзден сақта.** т і л е к. *Көз тимесін, аман болсын деген мағынада.* **Көзден сәуле төгілді.** *Жанары нұрланды, алау шашты.* **Көзден тамшы [жас] үзілді.** п о э т. *Жас шықты, жылады.* **Көзден тайды.** *Көрінбей кетті, көзден таса болды.* **Көзден таса қылмады [тайдырмады].** а) *Аяғын қия бастырмады, маңынан бір елі алысқа жібермеді.* ә) *Жіті бақылады, қадағалады.* **Көзден таса болды.** а) *Көрінбей кетті, қарасы үзілді.* ә) *Көзінің алдында жүрмеді.* **Көзден ұшқын ұшты.** б е й н е. *Жанары алауланды, нұрға толды.* **Көзден ұшты.** *Бастан өтті, келмеске кетті.* **Көзден үміт жылтылдады.** *Үміттенді, үміт артты.* **Көзде ұстады.** *Ескерді, естен шығармады.* **Көзді алды.** *Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртті.* **Көзді ашып-жұмғанша.** *Лезде, қас пен көздің арасында, әп-сәтте.* **Көзді ашысымен.** *Ұйқыдан тұрысымен, ояна салысымен.* **Көзді жайнатты.** *Қуанышқа кенелтті, шаттандырды.* **Көзді жұму.** *Білсе де білмегенсу, көрсе де көрмегенсу, біле тұра еш нәрсе жасамау.* **Көзді жұмып жіберді.** *Алды-артына қарамай, нар тәуекел етті.* **Көзді [көзін] қияға салды.** *Алысты болжады, қияға көз тікті.* **Көздің аясы.** *Көздің шарасы, көз қабақтарының айналасы.* **Көздің болатын салды.** ж е р г. *Сұқтанды, көзін сатты.* **Көздің бұлдырлануы.** м е д. *Көздің оптикалық жүйесінің немесе оның сәуле сындыру қабілетінің кемшілігі.* **Көздің жасы.** а) *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты көзден шыққан мөлдір тамшы.* ә) *Біреуден көрген зорлық-зомбылық, қиналыс, азап.* б) *Арман-тілек, ізгі ниет.* **Көздің жасындай.** а) *Тап-таза, мөп-мөлдір.* ә) *Өте аз, болар-болмас, бір тамшы.* **Көздің жасын көлдетті [бұлады].** *Егіліп қатты жылады.* **Көздің жасын сел [көл] етті.** *Ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.* **Көздің жауын алды.** а) *Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртті.* ә) *Жайнады, құлпырды.* **Көздің қарашығы.** *Өмірінің мәні, бары.* **Көздің қарашығындай сақтады.** *Жоғалтпады, берік қорғаштады; ардақтап ұстады.* **Көздің құрты.** *Қызықтырып әкететін, құмарыңды арттыратын нәрсе т. б.* **Көздің құртын жеді.** *Қызықтырды, өзіне еліктірді, шыдамын кетірді.* **Көздің нұры.** а) *Көздің оты, жанары.* ә) *Көз қуанышы, көңіл хошы, ардақтысы.* **Көздің нұры енді.** *Ажарланды, өңденді.* **Көздің нұры тайды.** *Көзінің оты солғын тартты, жастық кетті, қартайып жанары солды.* **Көздің сұғын қадады.** *Көңіл аударды, қызықты.* **Көздің шарасы.** *Көздің ұясы, көз алмасының орны.* **Көздің шырағы сөну.** *Көзінің оты өшу, жанары таю.* **Көзді тарс жұмды.** *Алды-артына қарамай, нар тәуекел етті.* **Көзді шел қаптады [басты].** а) *Көздің қарашығын ақшыл ет, ноғала басты, соқыр болды.* ә) *Көрініп тұрған нәрсені көрмеді, көргісі келмеді.* б) *Менмендік көрсетті, дандайсыды.* **Көз ерместей.** *Көз ілеспестей, тез, жылдам, шапшаң.* **Көз жазбады.** а) *Көз айырмай, қадала қарады.* ә) *Аңдыды, қадағалады.* б) *Айнымады, айырылмады.* в) *Соңынан ілесті, ізімен жүрді.* **Көз жазғанша қарады.** *Көрінбей кеткенше қарап тұрды.* **Көз жазды.** *Алыстады, жырақтады.* **Көз жаздырды.** *Адастырды, таптырмады, ізім-қайым жоқ болды.* **Көз жазып қалды.** а) *Ізінен адасты, қарасынан қол үзді, қапелімде айырылып қалды, жоғалтты.* ә) *Көре алмады, көріп-білуге мүмкіндігі болмады.* б) *Хабар-ошарсыз, бейхабар қалды.* **Көз жазысты.** *Бір-бірінен адасты, хабарсыз болып қалды.* **Көз жанарының уытын төкті.** *Телміре қарады; тесіле, сұқтана қарады.* **Көз жанары суалды.** *Қартайды, әлі кетті.* **Көз жасы жібермегір!** қ а р ғ. *Көрген азабы, азаппен төккен жасы жолыңда тұрсын, алдыңнан шықсын.* **Көз жасы жібермеді.** *Біреуге істеген қиянаты алдынан шықты, сазайын тартты.* **Көз жасы жуылды.** *Ағыл-тегіл жылады, еңіреді.* **Көз жасы ағылды.** *Егіліп қатты жылады.* **Көз жасы ағыл-тегіл еңіреді.** *Көз жасы көл болды, көп жылады.* **Көз жасы бездері.** а н а т. *Маңдай сүйегінің бет өсіндісіндегі көз жасы шұңқырында орналасқан, түтікшелі-көпіршікті без, көздің қорғаныш мүшесі.* **Көз жасы бетті жуды.** *Көз жасы көл болды.* **Көз жасы көлдей ақты.** *Ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.* **Көз жасы көлдей [бұлақ, көл] болды.** *Көп жылады, ағыл-тегіл жылады.* **Көз жасы қабыл болды.** *Тілегіне*

*жетті, мақсаты орындалды, тобасы қабыл болды.* **Көз жасымен бұлады.** *Зар еңіреді, әбден жылады.* **Көз жасы мөлтілдеді.** *Жанары жасқа толды.* **Көз жасына булықты.** *Ағыл-тегіл жылады, булығып жылады.* **Көз жасын ағызды**. *Ағыл-тегіл жылады, еңіреп боздады.* **Көз жасына етегі толды.** *Қатты жылап еңіреді, көз жасын көл қылды.* **Көз жасына қалды.** а) *Қиянат жасады, кінәратын арқалады.* ә) *Обалына қалды, аямады.* **Көз жасына қарады.** *Жылатпады, мұң-зарына құлақ асты.* **Көз жасына қарамады.** *Аямады, есіркемеді.* **Көз жасынан қорықты.** *Обалына қарады, қиянат жасамады, жылатпады.* **Көз жасына суарды.** *Өзін қайғымен ширатты, қайраттанды.* **Көз жасын [көл қылып] бұлады.** *Ағыл-тегіл жылады, зар еңіреді.* **Көз жасын иді.** а) *Мейірімі түсті, мүсіркеді, аяды.* ә) *Тілегіне жетті, тобасы қабыл болды.* **Көз жасын көлдей төкті.** *Ағыл-тегіл жылады зар еңіреді.* **Көз жасын көрді.** а) *Жолы болды, тілегі орындалды.* ә) *Аяды, обал-сауабын ескерді.* **Көз жасын көрсетпеді.** *Қиналғанын білдірмеді, сездірмеді, мұң-қайғысын жасырды.* **Көз жасын ішіне жұтты.** *Барынша шыдады, сыр бермеді, көз жасын көрсетпеді.* **Көз жасы сүйегі.** а н а т. <лат. os lacrimale, лат. os – сүек, lacrimalis – көз жасы> *Жануарлар бас сүйегі бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек.* **Көз жасын төкті.** *Егіліп қатты жылады.* **Көз жасын тыйды**. а) *Жылағанын қойды, жұбанды.* ә) *Арманын орындады, дегеніне жеткізді.* **Көз жасы төгілді.** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көз жасы тыйылды.** *Дегеніне жетті, арманы орындалды.* **Көз жауын тартты.** с ө й л. *Көздің жауын алды.* **Көз жегізу.** э т н. *Бас ұстаған адамның ырым етіп, бастың екі көзін ойып алып, "көреген, сергек бол" деген сияқты арнайы тілек айтып, балалардың біріне ұсынуы [әдетте алакөз болады деп екі көзді екі адамға бермейді, бір адамға береді].* **Көз жететін [жетер] жер.** *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын, кісі шолып көре алатындай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Көз жеткізу.** *Сенімді болу, анығын білу.* **Көз жеткісіз [жетпейтін].** а) *Ұшан-теңіз, шексіз, ұлан-байтақ;* ә) *Алыс, арасы қашық.* **Көз жетпеді.** а) *Шеті көрінбеді.* ә) *Сенімді оймен қарамады, ақылы иланбады.* **Көз жетпес.** *Алыс, жырақ.* **Көз жоқ.** *Жүрекжұтқан, қайтпас қайсар.* **Көз жұма қарады**. *Немқұрайдылық істеді, мән бермеді.* **Көз жұмды.** а) *Қайтыс болды, дүниеден өтті, өлді.* ә) *Еш нәрсемен санаспады, сенді.* б) *Тәуекелге басты, нартәуекел етті.* в) *Түк көрмедімге басты, мойындамады.* г) *Ескермеді, байқамаған болды.* **Көз жүгіртті.** а) *Көз тастады, көз салды, шолып қарады.* ә) *Тез-тез қарап шықты.* б) *Байыптады, ой көзімен шолып қарады.* в) *Еске түсіру.* **Көз жіберді.** а) *Шолып қарады, барлады.* ә) *Назар салды, мән берді, ойланды.* б) *Ой жіберді, еске түсірді.* **Көз көмілді.** *Көрмеді, байқамады.* **Көз көрді.** а) *Өз көзімен көрді, көз жеткізді.* ә) *Бетпе-бет кездесті, көрісті.* б) *Көрді, нәсіп болды.* **Көз көрмеген, құлақ естімеген.** *Бұрын болып көрмеген, таныс емес.* **Көз көрмеді.** *Көре алмады, байқамады.* **Көз көрмес [құлақ естімес].** *Аяқ жетпейтін алыс-қиян, қашық жер.* **Көз қадады [қадалтты].** а) *Қадала қарады, тесіле қарады.* ә) *Көңіл аударды, назар салды.* б) *Болашаққа көз жіберді, ойланды.* **Көз қарау [көз қарасы].** *Көзқарас, назар.* **Көз қарықтырды.** *Күнге шағылысып қаратпады.* **Көз қиығымен қарады.** *Бетіне тіктеп қарамады, қырындап, көзінің астымен қарады.* **Көз қиығын аудару.** *Ақырын байқатпай қарау, көз тастау.* **Көз қиығын [қырын] тастады.** *Көзінің ұшымен қарады, көзін қиғаштай қадады.* **Көз қиығын салды [тікті].** а) *Көзінің ұшымен қарады, көзін қиғаштай қадады.* ә) *Қырындай, тесіле қарады.* **Көз қиығын [қырын] салмады.** а) *Назар аудармады, көңіл бөлмеді, менсінбеді.* ә) *Елең қылмады, мән бермеді.* **Көз қуаныш.** *Алданыш, жұбаныш.* **Көз құмары.** *Көруге ынтық болу, көргісі келу.* **Көз құмары ауды.** *Қызықты, құмартты.* **Көз құрғатты.** *Жылағанын қойды, жасын тыйды.* **Көз құрты.** *Адамды қызықтыратын, көз тартатын, ынтықтыратын (қыз, дүние т. б.).* **Көз құртын алды.** *Көздің жауын алды, қатты қызықтырды; өзіне тартты.* **Көз құрты жыбырлады.** *Қызықты, құмартты.* **Көз құрышын қандырды**. *Көріп, мейірі қанды.* **Көз қыдыртты.** *Көз жіберді, шолыпқарады.* **Көз қызартты.** *Құмартты, әуестене ынтықты.* **Көз қылды.** а) *Қыр көрсетіп, әдейі істеді.* ә) *Қарауыл қойды, айғаққа қойды.* б) *Өтірік көз бояды, алдаусыратты.* **Көз қырына алды.** а) *Бақылады, назарынан тыс қалдырмады.* ә) *Қамқорлық жасап, қолға алды.* **Көз қырын салды.** а) *Бас-көз болды; назарын салып жүрді.* ә) *Көмектесті, себін тигізді, қол ұшын берді.* **Көзінің [оң] қырын салды.** *Қамқорлық етті, қол ұшын берді.* **Көз қысты, бармақ басты.** *Келісті, алыс-беріс жасады.* **Көз қысысты.** *Бір-біріне көзбен белгі берісуі.* **Көз майланды.** *Көз тойды, көз тұшынды.* **Көз майын ағызды.** а) п о э т. *Егілді, елжіреді.* ә) *Сарсылып ұзақ отырып еңбек етті.* **Көз майын тауысты [сарғайтты].** *Көп оқыды, сарыла ізденді; бір іспен айналысып шұқшиып ұзақ отырды.* **Көз нұры.** б е й н е. *Бары, асылы, ардақтысы.* **Көз ойдым.** *Көздің көлеміндей ойдым-ойдым.* **Көз отын алғандай**. *Көздің жауын алғандай, әдемі.* **Көз өнімділігі.** т е х. *Уақыттың бір өлшемінде бұлақтан, бұрғылау ұңғымасынан, құдықтан және т. б. түсетін су мөлшері.* **Көз салды.** а) *Қарады; көзін тікті.* ә) *Назар аударды, мән берді, көңіл бөлді.* б) *Қызықты, көңілі ауды.* в) *Қол ұшын берді, қарайласты, көмектесті.* г) *Мән берді, көңіл аударды.* **Көз сүйегі** а н а т. *Көзді қоршаған сүйек.* **Көз сүзді**. а) *Тесіле қарады, көзбен шолды.* ә) *Телмірді, жалынышпен қарады; тілемсектенді.* б) *Дәмеленіп қызықты, сұқтанды.* //*Тәуелді, бағынышты.* **Көз сүздіртті.** *Жалынышты етті, кіріптар қылды.* **Көз сүзу.** *Жалынышты, кіріптар болу.* **Көз сүрінді.** а) *Өте көп, шексіз мол; көптігінен айыра алмай, шатасты.* ә) *Әдемілігінен көз жаңылысты.* **Көз сүріндірді [тұндырды].** *Көптігінен көз жаңылыстырды.* **Көз сіңді болды.** *Әбден көзі үйренді.* **Көз сірісі.** м е д. *Көздің қасаңдануы.* **Көз тайдырып.** *Көзді ала бере, лезде.* **Көз талдырып, көңіл қалдырды.** *Көп зарықтырды, көңілден кетті.* **Көз тайғызды.** *Көзін тайдырып әкетті, жүзін бұрды.* **Көз тамырын қию.** э т н. *Қысыр қалатын, айғырға тоқтамайтын байталдардың жынысқа қатысты тамырларын оташылық жасап, қиып тастау түріндегі ұрғашы қара малдың жыныстық ауруын емдеу тәсілі.* **Көз таңдады.** *Көзді қызықтырды.* **Көз таразы.** *Көз дәлдігі, көз өлшемі.* **Көз тартты.** а) *Көзге түсті, көзді алды, көңіл аударды.* ә) *Ғашық етті, құмартты, елітті.* **Көз тасалады.** *Байқатпады, білдіртпеді, сездірмеді.* **Көз тастады.** а) *Қарады, көз салды, көзін тікті. Асығыс назар аударды.* ә) *Назар аударды, мән берді, көңіл бөлді.* б) *Қызықты, көңілі ауды, құмартты.* **Көз тастасы.** *Қарауы, назар салуы.* **Көз тигіш.** *Сәл нәрсеге ауырып қалғыш.* **Көз тиді [өтті].** *Біреудің назары түсіп, ауырып қалды.* **Көз тоздырды.** *Жолына қарады, сарылып күтті.* **Көз тойды.** а) *Қанағаттанды, көңілі толды, нысап етті.* ә) *Қызықты, көңілі ауды.* **Көз тоймады.** а) *Қараған сайын қызыға түсті, көзін ала алмады.* ә) *Қанағат тұтпады.* **Көз тоқтатты.** *Көз алмай біраз қарады, анықтап қарады.* **Көз тояттады.** *Көзі тойды.* **Көз тұнды.** *Қатты қызықтырды, көздің жауын алды.* **Көз тұтты.** *Аңдыды, бақты.* **Көз тіктетті.** *Көзін қадады, көз тастады.* **Көз тікті.** а) *Қадала, тесіле қарады.* ә) *Назар аударды, көңіл бөлді.* б) *Болашаққа көз жіберді, ойланды.* **Көз ұшына кетті.** *Алысқа ұзады, қашықтады.* **Көз ұшынан ғайып болды.** *Көрінбей кетті, көзден таса болды.* **Көз ұшынан көрінді.** *Алыстан байқалды, жырақтан көрінді.* **Көз ұшында.** *Алыста, жыраққа; әрең көрінетін жерде.* **Көз ұялтады.** *Шағылысып бет қаратпайды.* **Көз ұясын шету.** э т н. *Ерте көктемде малдың көз тамырынан қан алу емдік шарасы.* **Көз үйренді.** *Қанық-таныс болды, бойы үйренді.* **Көз үйір.** *Үйреншікті, таныс.* **Көз шағылыстырды.** а) *Тіктеп қарай алмады.* ә) *Қызықтырды, есін алды.* **Көз шалды.** *Көріп қалды, көз қиығы түсіп кетті; байқады.* **Көз шалымынан ұзады.** *Көрінбей кетті, алыстады, ұзап кетті.* **Көз шарасы.** а) а н а т. <лат. orbita> *Көз алмасы орналасқан бас сүйек шұңқыры.* ә) *Көз мөлшері, көз қарамы.* **Көз шарасы жетпеді.** *Көре алмады, толық көрінбеді.* **Көз шұқысты.** *Бірінің мінін бірі бетіне басты.* **Көз шығарып, бас жарды.** *Төбелесті, жанжалдасты.* **Көз шырымын алды.** *Азырақ мызғып алды, сәл ғана ұйықтады.* **Көзі ағарды.** а) *Ботадай боздап, зар жылады; еңірегенде етегі толды.* ә) *Соқыр болды.* **Көзі ағып түсті.** *Көзі шығып кетті.* **Көзі айтты.** *Не ойы барын қас-қабағынан, көз қарасынан білдірді.* **Көзі ақиды.** *Ашуланды, ренжіді.* **Көзі ақты.** *Көзі шығып кетті, көрмей қалды, соқыр болды.* **Көзі алақандай [шарадай, атыздай, шаңырақтай] болды.** *Не істерін білмей, қатты састы, үрейі ұшты.* **Көзі алармасын.** с ө й л. *Дәметпесін, дәмеленбесін.* **Көзі аларып ұясынан [шарасынан] шықты.** *Сасқалақтады, абдырады, не істерін білмеді.* **Көзі атыздай болды**. *Көзі алақандай болып, қорқып кетті.* **Көзі ауды.** *Назары түсті, көрді.* **Көзі ашық.** *Әр нәрседен хабары бар, білімді, саналы.* **Көзі ашықтық.** *Білімділік, әр нәрседен хабардар болушылық.* **Көзі ашылды**. а) *Оқыды, білім алды, жақсы-жаманды айыра білетін болды.* ә) *Көкірегін, санасын оятты.* б) *Азаптан құтылды, жаны жай тапты.* в) *Түсінді, мән-жайын анықтады.* г) *Бір нәрсенің тиегі ағытылды, еркін шықты.* ғ) *Бұлақтың суы молайып, көбейіп ақты.* **Көзі бадырайды.** *Қатты қорыққаннан не таңғалғаннан көзі үлкейіп, бақырайды.* **Көзі байлаулы**. *Ақиқатына бара бермейтін, айналасындағылардың мұң-мұқтажын елемейтін.* **Көзі бақырайды.** а) *Аң-таң болды.* ә) *Қорықты, зәресі ұшты.* **Көзі бар.** *Назары ауыр.* **Көзі барда.** *Аман-сау кезінде, тірісінде.* **Көзі батты.** *Біржола құрыды; жоқ болды.* **Көзі бозарды.** а) *Көз нұры тайды, өлімсіреді.* ә) *Күте-күте шаршады, көзі талды.* **Көзі бұлаудай**. *Көп жылағаннан көзі ісіп кеткен.* **Көзі бұлаудай [білеудей, добалдай] болды**. *Көзі, көз еті күп боп істі.* **Көзі бұлдырады.** *Басы айналып, көзі қарауытты, анық көре алмады.* **Көзі бітелді.** *Су ақпай қалды.* **Көзі едірейді.** *Одырая қарады, ежірейді.* **Көзі жайнады.** а) *Қуанышқа бөленді, бақытқа кенелді.* ә) *Ажары нұрланды, күлім қақты.* б) *Құмарта, қызыға қарады.* в) *Құтырынды, алып-ұшты.* **Көзі жалт-жалт [жалт-жұлт] етті.** *Көзінен от шашты, құлпырды, нұрланды.* **Көзі жалтылдады.** *Жалт-жұлт етті, көзі от шашты.* **Көзі [оттай, шырадай] жанды.** б е й н е. а) *Қуанышқа бөленді, көзі жайнап сала берді.* ә) *Ызғар шашты, ашуланды.* б) *Жаны кірді, рақаттанды.* **Көзі жарқ ете түсті.** а) *Жаны рақат тапты.* ә) *Көзі шырадай жанды, айналаны толық көрді.* **Көзі жасаңғырады.** *Көзінің нұры азайып, буалдырланды.* **Көзі жасаурады**. а) *Көзінен жас шықты, көзіне жас алды.* ә) *Қартайғаннан көзі суланатын болды.* **Көзі жасық тартты.** *Көздің нұры, оты азайды.* **Көзі жаудырады.** *Қиылып қарады.* **Көзі [екі көзі] жаутаңдады**. *Жаутаң-жаутаң қарады, біреуге жаудырай үміттене қарады.* **Көзі жетті.** а) *Анықтап айырып көрді, ажыратты, таныды.* ә) *Анық-қанығын білді, ақиқатына қанды.* б) *Кәміл сенді, берік тоқтамға келді.* **Көзі жоғалды.** *Кетті, өлді, құрыды.* **Көзі жұмылды**. *Өлді, о дүниеге кетті.* **Көзі жұмылды.** *Қайтыс болды, о дүниелік болды.* **Көзі жүгірді**. *Тез шолып шықты, қарады.* **Көзі [жанары] жылтырады.** а) *Шаршағаннан, әбден сілелегеннен құр сүлдері қалды, өзінікі деген тек көзі деген мағынада.* ә) *Үміттеніп, түсінгенсіп, ұққансып қарады.* **Көзі көл жасқа толды.** *Қайғымен зар еңіреді.* **Көзі көр.** *Соқыр.* **Көзі көрді.** *Көрді, байқады.* **Көзі көр [соқыр] болды.** *Мүлде*

*көрмейтін болды, әз болды.* **Көзі көрген.** *Көрген, таныс.* **Көзі күлді.** *Күлімдеді, күлімсіреді.* **Көзі кілегейленді.** а) *Көзі бұлдырады, тұманданды, мұнарланды.* ә) *Көзі дымқылданды, суланды, жасаурады.* б) *Көзі кіртиді.* **Көзі кіртиді.** *Шаршағаннан, ауырғаннан т.б. себептен көзі ішке кіріңкіреп, жоғарғы қабығы қатпарланып тұрды.* **Көзі қанды [қанықты].** а) *Үйренді, дағдыланды.* ә) *Сенді, көзі жетті.* б) *Қарап, көріп, құмардан шықты.* **Көзі қанталады.** а) *Көзі қызарды.* ә) *Ашу қысты, ыза кернеді.* **Көзі қан түледі.** *Көзі қызарды, қан басты.* **Көзі қанық.** *Жете білетін, білгір кісі.* **Көзі қарайды.** а) *Қарны ашты, ашықты.* ә) *Әлі кетті, әлсіреді, талықсыды, нашарлады.* б) *Аңсары қатты ауды, есі кетті.* **Көзі қарақаттай.** *Мөп-мөлдір, сүйкімді қара көз.* **Көзі қарауытты.** *Қатты шаршады, әлсіреді, басы айналып, көзі көрмеді.* **Көзі қарықты.** *Көзі шағылысып, қарай алмай қалды.* **Көзі қарылды.** *Көрмей қалды.* **Көзі қиды.** а) *Дәті шыдады, қолы барды.* ә) *Аямады, рақымшылық жасамады.* б) *Тастады, қарамай кетті.* **Көзі қимады.** а) *Бергісі келмеді, іштей қызғанды.* ә) *Дәті жетпеді, қолы бармады.* **Көзі қызды.** *Қызықты, құмартты.* **Көзім шықсын [шыққыр].** қарғ. *Осы айтқаным, іс т.б. шын, дұрыс болмаса, соқыр болып қалайын деген мағынадағы қарғану.* **Көзін қызықтырды.** *Әуестендірді, құмарын арттырды.* **Көз ілді.** *Сәл ғана мызғыды, азғана ұйықтады.* **Көз ілдірді.** *Мызғып алды, сәл тынығып алды.* **Көз ілеспеді.** *Тез, жылдам істеді, қас қаққанша жасады.* **Көз ілеспес жылдамдықпен.** *Өте тез, әп-сәтте.* **Көз ілмеді [ілген жоқ].** а) *Ұйықтамады, кірпік ілмеді.* ә) *Тыным таппады, байыз көрмеді.* **Көзімен атты.** *Ұнатпаған пішінмен тесіле қарады.* **Көзімен жеді.** *Қадала қарады, бас-аяғына дейін қайта-қайта тесіле қарады.* **Көзімен ұзатты.** *Ұзақ қарады, көзін алмай көп қарады.* **Көзін ағызды.** *Көзін шығарды, соқыр етті.* **Көзін ала бере.** *Назардан тая бере, білдірмей, тез, жылдам, көз ілестірмей.* **Көзін алайтты.** *Ашу көрсетіп, қорқыта қарады.* **Көзін аппақ қылды.** *Алдап кетті, ізін таптырмай кетті, ұстатпады.* **Көзін аударды.** *Қарады, көзін тікті.* **Көзін ашқалы [ашқаннан, ашқаннан бері].** а) *Ұйқыдан тұра салысымен.* ә) *Туғаннан, ес кіргелі.* **Көзін ашпағыр!** қарғ. *Жақсылық көрмегір деген мағынада.* **Көзін ашқызды.** *Біреудің көмегімен, бір нәрсе арқылы қандай да бір іске ерте кезден бастап үйретті.* **Көзін ашты.** а) *Оқытты, білім берді, сауаттандырды.* ә) *Көкірегін, санасын оятты.* б) *Ойландырды, назарын аударды.* в) *Ес жиды, сергіді, жадырады.* г) бейн. *Масаттанды, шаттанды, даңқы өрледі.* ғ) *Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жерін аршып, тазалады.* **Көзін ашу.** *Оқыту, білім беру, сауаттандыру.* **Көзін ашып қарады.** а) *Бажайлады, анықтап қарады.* ә) *Сақтанды, абайлады, істің артын ойлады.* **Көзін байлады.** а) *Алдап-арбады.* ә) *Сиқырлық қылды, көз бояды.* **Көзін бақырайтып қойып.** *Көзбе-көз, көзінше.* **Көзін биттетті.** *Аздырып-тоздырды, жадатып-жүдетті.* **Көзін бұлдыратты.** а) *Көзін нашарлатты, көрсетпеді.* ә) *Бойын биледі.* **Көзін былшық басты.** *Тірі жанды елемей, кердеңдеді.* **Көзінен тізді.** *Көптеп, лек-легімен деген мағынада.* **Көзін жеткізу.** *Кәміл сендіру, иландыру.* **Көзін жоғалту.** *Құрту, жоқ ету.* **Көзін бақырайтып қойып.** *Көпе-көрнеу, ашықтан-ашық.* **Көзіндей көрді.** *Дәл өзіндей санап, қадірледі* (*көзі көрген заты ретінде қымбат, қадірлі етіп санау жағдайында айтылады*). **Көзінде нұр [от] ойнады.** бейне. *Көзі жайнады, құлпырды.* **Көзінде оты бар.** *Жалынды, қайратты.* **Көзіне айтты.** *Өзіне тура айтты.* **Көзіне алмады.** *Елемеді, ескермеді, менсінбеді.* **Көзіне бақты [қарады].** *Абайлады, алдына қарады, сақтанды.* **Көзіне басты.** *Айып, мінін бетіне баттита айтты.* **Көзіне ерік берді.** *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* **Көзіне жас алды [ірікті].** *Көңілі босады, жылап жіберді.* **Көзіне [көзінде] жас толды.** *Көңілі босады, жылағысы келді.* **Көзіне жас тығылды.** *Көңілі бұзылды, жылағысы келді.* **Көзіне жылы [оттай] ұшырады.** *Бұрыннан таныс, жақын кейіппен қуанышты кездесу туралы айтылады.* **Көзіне көк [көк ала] шыбын үймелетті.** *Қорлады, зәбірледі, азапқа түсірді.* **Көзіне көрінбеді.** *Көзіне түспеді, ілтипатқа ілінбеді, адам құрлы саналмады.* **Көзіне қан құйылды [толды].** а) *Ыза кернеп, ашу биледі, ызадан көзі қарауытты.* ә) *Қанқұмарланып, зұлымдық істеді.* **Көзіне құм құйылды.** *Өлді, о дүниелік болды.* **Көзінен аққан сорасы сақалын жуды.** *Ағыл-тегіл жылады, зар еңіреді.* **Көзінен бір елі қашықтатпады.** *Көзінен таса қылмады, үнемі көз алдында ұстады.* **Көзінен жас ытты [парлады].** *Көзінен жас шығып кетті.* **Көзінен кешірді.** сөйл. *Бастан кешірді, көрді.* **Көзінен көбік атты.** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көзінен қан ағызды.** *Зар илетті, жылатты.* **Көзінен қанды [қан аралас] жас ақты.** *Зарланды, зар қақты.* **Көзінен моншақ үзілді.** бейн. *Сұлу, сүйкімді, жас қыздың үнсіз жылауы жайлы.* **Көзінен от жарқ етті.** *Ашуланып қарады.* **Көзінен от ойнады.** бейне. *Жанары жалын атты, жанары нұрға бөленді.* **Көзінен оты жанды.** бейне. *Жанары нұрға толды, алаулады.* **Көзінен от төгілді.** бейне. *Айбат шекті, кәріне мінді.* **Көзінен сәуле төгілді.** поэт. *Көзқарасынан бір сезім лебі байқалды.* **Көзінен [көзінің] сорасы ақты [сорғалады].** *Көзінен жас ағып былшықтанды; қиналды, қор болды.* **Көзінен тамшы шықпайды.** *Жылаумен жасы таусылды деген мағынада.* **Көзінен түсінді.** *Көзіне қарап, мән-жайды ұқты.* **Көзінен ұшқын [қызыл жалын] шашырады.** *Көзінен ұшқын атты, жайнады.* **Көзіне оттай басылды.** *Ыстық көрінді, жылы ұшырады.* **Көзіне от ұрынды.** *Ашу қысып, сес көрсетті.* **Көзіне сенбеді.** *Көріп тұрғанының шын екеніне сенімі болмады.* **Көзіне топырақ шашты.** *Жамандық істеді.* (*Көбіне, көзі жоқ кісі, не марқұм кісіге жасалған қиянатқа байланысты айтылады*). **Көзіне ұйқы тірелді [тығылды].** *Ұйқы қысып, кірпігі байлана бастады.* **Көзіне шел бітті.** *Дандайсыды, әдейі көргісі келмеді, дұшпандық етті.* **Көзіне [ізіне] шөп салды.** *Жақын деген адамына теріс пиғыл көрсетті* (*ерлі-зайыпты жандардың арасындағы адалдық бұзылып, бірінің жасырын опасыздық жасауына орай айтылады*). **Көзіне [ештеңе] ілінбеді.** *Еш нәрсе көрінбеді, шалынбады.* **Көзін жасауратты.** *Көзін ашытып, жас келтірді.* **Көзін жасқа толтырды.** *Жылады, еңіреді.* **Көзін жаспен жуды.** *Көп жылады, ағыл-тегіл жылады.* **Көзін жеді.** *Көзін шаршатты, көз майын тауысты.* **Көзін жерден алмады.** *Ұялды, қысылды.* **Көзін жеткізді.** *Әбден сендірді, шүбә қалдырмай нандырды.* **Көзін жоғалтты [құртты].** а) *Құртты, жоқ қылды.* ә) *Қарасын батырды, алыстатты, кетірді.* **Көзін жоғалту [құрту].** *Құрту, жою, жоқ қылу.* **Көзін жойды.** *Құртты, жоқ қылды, өлтірді.* **Көзін жұмғызды** *Арулап қойды, денесін жерге тигізді, жерледі.* **Көзін жылтыратты.** *Еркінен айырды, тәуелді етті, сазартты.* **Көзін көгертті.** *Қорлық көрсетті, зәбірледі, қорлады.* **Көзін көрді.** *Білді, жақсы таныс болды.* **Көзін[көзінің алдын] кіреуке шалды.** *Көзі қарауытты, күңгірттенді, бұлыңғыр тартты.* **Көзін қадады.** *Қадалып қарады, кірпік қақпастан қарады, көзін тікті.* **Көзін қарайтты.** а) *Қаталдық етті, түңілтті.* ә) *Қарнын ашырды.* **Көзін [көз] қысты.** а) *Құланды, көзімен ишара етті, келісімге белгі берді, көзімен ымдады. // Ым-жымы бір, келіскен.* ә) *Көз салды, көңіл аударды.* **Көзін малмен ашты.** *Көрген-білгені мал болды.* **Көзін ойды.** *Қорлық көрсетті, сорлатты; басына әңгір таяқ ойнатты.* **Көзін өткізді.** *Көзін сатты, сұлулығын, сырт келбетін саудаға салды.* **Көзін сатты.** *Телмірді, тіленді, мөлиді.* **Көзін сату.** *Телміру, тілену, мөлию.* **Көз суарды.** *Мауқын басты, құмарын тарқатты.* **Көзін сулады.** *Жылаған болды.* **Көзін тапты.** *Істің ретін, қисынын келтірді, жолын тапты, орайын келтірді.* **Көзін тартып алды.** *Кілт сескенді, шошып кетті деген мағынада.* **Көзін төмен салды.** *Төмен қарап, ойланып қалды.* **Көзін төңкерді.** *Көзін аударып, қылмыңдады, қылымсыды.* **Көзін тырнап ашқалы.** *Ес біліп, етек жапқалы.* **Көзін шел қаптады [басты].** *Асқақтады, дандайсыды.* **Көзін шоқ қарыды.** *Көзіне оттай басылды, ыстық көрінді.* **Көзін шығарды.** *Көзін ағызды, соқыр етті.* **Көзін шырақтай жандырды.** *Емдеп жазды, сауықтырды, көзін көретіндей етті.* **Көзін іздеді.** *Ізін, табылар орнын қарастырды.* **Көзінің ағы мен қарасы [ақ пен қарашығы, ағы-қарасы].** *Бары, асылы, ардақтысы.* **Көзінің ағы мен қарасындай.** а) *Асылы, ең ардақтысындай.* ә) *Бірінен-бірі айырғысыз бір бүтін.* **Көзінің алды көлеңке тартты.** *Көзі бұлдырады, анық көре алмады.* **Көзінің астымен қарады [бақты].** *Бетіне тіктеп қарамай, именіп, қабағының астымен қарады.* **Көзінің баһары тойды.** *Көңілі толды, көзінің жауы тойды.* **Көзінің еті өсті.** *Менменсіді, асыптасыды, дандайсыды.* **Көзінің жасы кеппеді [құрғамады].** а) *Жылаудан көз ашпады.* ә) *Қиындықтан құтылмады, ренжумен өмірі өксіді.* **Көзінің жасы [жуылды] көл [сел] болды.** *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* **Көзінің жасын [көлдетті, сықты] бұршақтай домалатты.** *Ағыл-тегіл жылады.* **Көзінің жасын көл қылды.** *Егіл-тегіл болып қатты жылады.* **Көзінің жауын жеді.** *Қызықтырды, көзін тартты.* **Көзінің қарасы [қарашығы].** *Ең қымбаттысы, бағалысы, асылы.* **Көздің қарашығындай [қарасындай, қарашығы секілденген].** *Өмірінің мәні, бары; аса бағалы, қымбаты.* **Көзінің қарашығын суалдырды.** *Зар илетті; жылай-жылай, көз жасы ада болды.* **Көзінің құйрығы.** *Көзқарасы, көзінің қиығы.* **Көзінің құртын салды.** *Қызықты, телмірді, сұқтанды.* **Көзінің қырымен қарады.** *Жайлап назар салды, көз қиығын тастады.* **Көзінің нұры [оты] сөнді [өшті].** *Өлім исінді, алдында тұрды; өлімсіреді.* **Көзінің оты бар.** бейне. *Өткір, жігер-қайратқа толы, алғыр.* **Көзінің отын жарқ еткізді.** *Көзге бір нәрсе қатты тиді.* **Көзінің оты жарқ етті.** *Қатты соққыдан көзінен ұшқын ұшты.* **Көзінің сұғын қадады [атты].** *Тесіле, сұқтана қарады.* **Көзің аққыр, көзің ақсын!** қарғ. *Көзің ағып түсіп, көрмей қалғыр, көзің теріс біткір деген мағынада.* **Көзіңді аш.** *Байқа, абайла, аңдап бас, анықта.* **Көзіңді ашып қара!** *Абайла, байқа, дұрыс-тап, жөндеп көр деген мағынада.* **Көзіңе ақ түссін.** қарғ. *Көзіңе шел түссін, көр болып қал.* **Көзіңе құм құйылсын!** қарғ. *Өліп кет, қараң батсын деген мағынада.* **Көзің жамандық көрмесін!** тілек. *Жамандыққа душар болма, кездеспе.* **Көзің желкеңнен шыққыр!** қарғ. *Көзің ағып түсіп, көрмей қалғыр, көзің теріс бітсін деген мағынада.* **Көзің көріп, қолың ұстамағыр!** қарғ. *Өзіңе бұйырмасын; алдыңдағыны ала алмағыр деген мағынада.* **Көзің ойылғыр!** қарғ. *Көз жасың тыйылмай, көзің көр болсын.* **Көзі ойнақшыды.** *Құмартып, ішіп-жеп қарады.* **Көзі оттай [шырадай] жанды [жайнады].** бейне. а) *Көзі нұр шашты.* ә) *Қуанды, шаттанды.* **Көзі от шашты.** *а) Өжеттеніп, өткірлене қарады. ә) Ашу-ыза төгіп, қаһарлана қарады.* **Көзі өңменінен өтті.** *Қаһарлана, тесіле қарады.* **Көзі өтті.** миф. *Көзінің қарасы арқылы ауруға шалдықтырды.* **Көзі өткір.** а) *Көзі өн бойын тесіп жіберетіндей, қадала қарау туралы.* ә) *Байқағыш, жақсы-жаманды көзбен көріп-ақ аңғарғыш, қырағы.* **Көзі соқыр.** *Түк білмейтін, надан, топас.* **Көзі сүзілді.** *Телміріп ұзақ қарады.* **Көзін тайдырып әкетті.** *Назарын басқа жаққа аударды, көзін тасалады.* **Көзі тайды.** а) *Назары басқа жаққа ауды, көзі тасаланды.* ә) *Жоғалды, құрыды, жоқ болды.* **Көзі талды.** *Қараудан шаршады, қажыды, жалықты, зарықты.* **Көзі танадай жарқырады.** *Көзі маржан түймедей жайнады.* **Көзі тартты.** а) мед. *Көз еттері әлсін-әлсін жыбырлады.* ә) этн. ырым. *Көз еттерінің жыбырлауын қуанышқа (оң көз), ренішке (сол көз) жорыды.* **Көзі таса болды.** *Көрінбеді, жоқ болды,*

*көзге түспеді.* **Көзі тесті.** *Тесіле қарады, қадалып, көз айырмады.* **Көзі тойды.** а) *Көңілі толды; құмары тарқады.* ә) *Қанағат етті.* **Көзі тоқтады.** *Назар аударды, көңіл бөлді.* **Көзі толды.** *Қанағаттанды.* **Көзі томсарды.** *Жабырқады, мұңайды.* **Көзі төмендеді.** *Төмен қарады.* **Көзі тұздай.** *Көзі көкпеңбек.* **Көзі тұздай болды.** *Күте-күте зарықты, сарғайды.* **Көзі тұманданды.** *Ашудан, ызадан көзіне жас толды; көз алды мұнартты, бұлдырады.* **Көзі тұнды.** а) *Сұқтанды, дүниеге қызықты.* ә) *Көзі қанығып, көңілі толды.* б) *Құмары артты, қызықты.* **Көзі түсті.** а) *Назары ауды, көрді, қарады.* ә) *Аңсары ауды, ынтық болды, қызықты.* **Көзі түспеді.** а) *Байқамады, мән бермеді.* ә) *Көзі жетпеді, көрінбеді.* **Көзі тігулі.** *Назар түскен, қадала қараған.* **Көзі тірі.** *Аман-есен, сау-саламат.* **Көзі тіріде [тірі тұрғанда, тірісінде, тірі кезінде, тірі күнінде].** *Ажал жетіп өлмей тұрғанда, аман-сау күнінде.* **Көзі ұйқыға барды [ілінді].** *Ұйықтап кетті.* **Көзі ұйқыға кетті.** *Ұйықтап кетті, шаршады.* **Көзі ұялды.** *Тәнті болды, құмары ауды, сүйсінді.* **Көзі ұясынан [шарасынан] шықты.** *Таң қалып, толқығаннан не үрейі ұшқаннан көз шарасы үлкейді.* **Көзі үйренді.** *Қанық-таныс болды.* **Көзі үңірейді.** *Арып-арып жүдеді.* **Көзі шайдай [шырадай] ашылды.** а) *Ұйқысы тез тарап кетті, сергіп сала берді.* ә) *Тез есін жиды, өзін-өзі тез биледі.* **Көзі шалғыш.** *Байқағыш, көргіш.* **Көзі шалды.** *Байқап, көріп қалды.* **Көзі [шарасынан шығып] шатынады.** *Көзі аларды, ашу қысты, ызаланды.* **Көзі шүңірейді.** *Арықтап жүдеді, азды.* **Көзі шықты.** а) *Соқыр болды, әз болды.* ә) *Үміт, жарығы сөнді.* б) *Белгілі бір нәрсемен айналысып қана күн көрді.* **Көзі шырақтай жанды [жайнады, ашылды].** а) *Көзі жақсы көрді.* ә) *Бір нәрсеге қызығып өліп-өшті.* б) *Күш алды, әл-қуаты артты, жағдайы түзелді, көтерілді.* **Көзі тігілді.** *Назары ауды, көңілі бөлінді.* **Көзі ілінді.** а) *Ұйқыға кетті, ұйықтап кетті.* ә) *Азғана тынығып алды, мызғыды.*

**КӨЗ**[2] зат. *Аяқтың (ыдыстың) ең кішкене түрі; кішкентай ыдыс.*

**КӨЗАЙЫМ** зат. *Көз алдындағы күнде көретін рақаты, қуанышы.*

**Көзайым болды.** *Көп күткен адамы келіп қуанышқа бөленді, шаттанды.* **Көзайым етті.** *Қуантты, қуанышқа бөледі.*

**КӨЗАҚЫ** зат. этн. *Алғаш көргені үшін жақын-туыстардың беретін кәдесі.*

**КӨЗАЛДАУШЫЛЫҚ** зат. ***Көзбояушылық.***

**КӨЗАПАРА** үст. *Көпе-көрнеу, әдейі, қасақана.*

**КӨЗАШЫМДА** үст. сөйл. *Қараңғы түспей тұрғанда.*

**КӨЗАЯҚ** зат. *Кішкене ыдыс.*

**КӨЗӘЙНЕК** зат. сөйл. ***Көзілдірік.***

**КӨЗБЕ-КӨЗ** үст. *Бетпе-бет, жүзбе-жүз..*

**КӨЗБАЙЛАУШЫ** зат. *Әртүрлі айламен адам нанғысыз нәрселер жасаушы; сиқыршы, фокус маманы.*

**КӨЗБОЯУШЫ** зат. *Сиқыр көрсетуші, көзді арбаушы.*

**КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ** зат. *Алдаушылық, шындықты бұрмалаушылық.*

**КӨЗГЕЛДЕК**[1] зат. жерг. *Кішкентай, көздей ыдыс, тостаған.*

**КӨЗГЕЛДЕК**[2] зат. мед. *Көз ауруы, трахома.*

**КӨЗГЕНЕК** зат. жерг. *Араның ұясы.*

**КӨЗГӨРЕКІ** үст. жерг. *Көріне көзге, көпе-көрнеу, ашықтан-ашық.*

**КӨЗГІ** зат. сөйл. *Айна, көрінгі.*

**КӨЗДӘРІ** зат. өс. <лат. euphrasia> *Наурызгүлдер тұқымдасына жататын бір, екі жылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨЗДЕ=** ет. **1.** *Нысанаға алу, дәлдеу.* **2.** *Қарау, байқау, бақылау.* **3.** ауыс. *Белгілі бір нәрсені мақсат ету.* **4.** ауыс. *Белгілі бір бағытқа бет алу.* **5.** ауыс. *Ұнату, қалау, таңдау.*

**КӨЗДЕЙ**[1] зат. жерг. *Кішкентай ыдыс, көзгелдек тостаған.*

**КӨЗДЕЙ**[2] сын. *Көз сияқты, кішкентай.*

**Көздей жерге көлдей ақша беру.** *Аз нәрсеге көп қаржы жұмсау.*

**КӨЗДЕЛ=** ет. **1.** *Нысанаға алыну, дәлдеу.* **2.** ауыс. *Мақсат етілу.*

**КӨЗДЕЛУ** *Көздел етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЗДЕН: ақи көзденді**. *Көзі аларды, қорықты, шошыды.*

**КӨЗДЕСТІР=** ет. *Кездестіру, жолықтыру.*

**КӨЗДЕТ=** ет. *Көрсету, таныстыру.*

**КӨЗДЕТУ** *Көздет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЗДЕУ**[1] зат. спорт. *Ату спортында қарауыл тетіктері арқылы мылтықтың оқпанын нысана жаққа қарату үдерісі.*

**Көздеу аспаптар.** әск. *Қаруды нысанаға көздеуге арналған аспаптар.* **Көздеу сызығы.** спорт. *Көздеу құралы арқылы нысанаға алынған нүкте мен мергеннің көзі арасындағы түзу сызық.*

**КӨЗДЕУ**[2] *Көзе етістігінің қимыл атауы*

**КӨЗДЕУШІ** зат. *Көздейтін адам, нысанаға алушы.*

**КӨЗДІ**[1] сын. *Көзі бар; көз орнатылған.*

**Көзді білезік**. этн. қолөнер. *Бетіне түрлі түсті тастан көз салынған білезік.* **Көзді шолпы.** зерг. *Шолпының асыл тас қондырылған түрі.*

**КӨЗДІ**[2] сын. *Көп білетін, көзі ашық.*

**КӨЗДІК**[1] зат. сөйл. ***Көзілдірік.***

**КӨЗДІК**[2] сын. *Көзге тән, көзге қатысты.*

**КӨЗДІ-ҚАРАҚТЫ** сын. *Көп білетін, құлағы түрік, көзі ашық.*

**КӨЗЕ** [ир. کوزه] зат. *Сұйық зат құю үшін балшықтан, құмнан, қыштан күйдіріліп жасалған ыдыс.*

**КӨЗЕ**[1]**=** ет. *Жөн сілтеу, бағыт көрсету.*

**КӨЗЕ**[2]**=** ет. этн. *Шаңырақтың уық басы кіретін жерін қарып тесу.*

**КӨЗЕ-ҚҰМЫРА** зат. қолөнер. *Балшықтан күйдіріліп жасалған ыдыс-аяқ.*

**Көзе-құмыра бұйымдар.** қолөнер. *Табиғи балшыққа минералды және органикалық қосындылар қосып күйдіру арқылы жасалатын бұйымдар, қыш ыдыстар.*

**КӨЗЕЛ**[1] зат. *Жұмсақ былғары.*

**КӨЗЕЛ**[2] зат. *Кішкене көзе, ыдыс.*

**КӨЗЕЛ**[3] сын. *Көркем, сұлу, сүйкімді.*

**Көзел етік.** этн. *Ешкі терісінен тігілген жұмсақ былғары етік.*

**КӨЗЕЛ=** ет. *Ашылу, айқындалу, жадырау.*

**КӨЗЕЛЕК** зат. *Кішігірім көзе.*

**КӨЗЕЛІК** сын. *Көзе жасауға арналған, көзе дайындалатын.*

**КӨЗЕМЕ** зат. көне. анат. *Сүйек немесе дене мүшесі.*

**КӨЗЕМЕЛ**: **көземел ине**. *Жасуы үлкен ине.*

**КӨЗЕМЕЛІ: көземелі ине.** *Орташа іс инесі.*

**КӨЗЕМЕЛДЕ=** ет. *Меңзеу, жанамалап жеткізу.*

**КӨЗЕМЕЛДЕУ** *Көземелде етістігінің қимыл атауы, жөн сілтеу, бағыт беру.*

**КӨЗЕМШЕК** зат. *Жеміс ағашының бүршік салатын, бүршік өсетін жері.*

**КӨЗЕМШЕКТІ** сын. *Көземшегі бар.*

**КӨЗЕСАУЫТ** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында батырлар киген сауыттың бір түрі, садақ, найза, қылыш өтпейтін киім.*

**КӨЗЕУ**[2] этн. *Көзе*[2] *етістігінің қимы атауы.*

**КӨЗЕУЛІ** сын. *Бағытталған, көзделген.*

**КӨЗЕУІШ** зат. этн. *Оттың көзін ашу үшін қолданылатын, темірден соғылған ұшкір көсеу.*

**КӨЗЕШІ** зат. *Көзе жасауды кәсіп еткен адам.*

**КӨЗЖАЗДЫРҒЫШ** сын. *Ізім-қайым жоқ қылғыш.*

**КӨЗЖАҚСЫ** сын. *Көңілдес, пікірлес.*

**КӨЗЖЕТПЕС** сын. **1.** *Алыс, қиыр шет. (Жай көзбен қарағанда ажыратуға болмайтын арақашықтық).* **2.** ауыс. *Білмейтін, таныс, түсініксіз. // Таныс, түсініксіз нәрсе.*

**КӨЗЖЕТПЕСТЕЙ** сын. *Ұшы-қиыры жоқ, ұшан-теңіз, өте көп.*

**КӨЗЖҰМБАЙ** зат. *Тәуекел.*

**Көзжұмбайға салды.** а) *Тәуекел етті.* ә) *Немкеттіге басты.* **Көзжұмбайға салыну.** *Көргенін ашып айтпау, кемшілікті көпе-көрнеу бүркеу.*

**КӨЗЖҰМБАЙЛЫҚ** зат. *Мән бермеушілік, салдырлық, салақтық, ескермеушілік.*

**Көзжұмбайлық жасады.** *Мән бермеді, салғырт қарады, ескермеді.*

**КӨЗ-КӨЗ** сын. *Көп көзді, ця-ця.*

**КӨЗКӨРГЕН** сын. *Бұрыннан білетін, етене таныс.//Бірін-бірі білетін, таныс адам.*

**КӨЗКӨРЕКІ** сын. *Маздаған, маздап жанған.*

**КӨЗКӨРІМ** сын. **1.** *Көз жететін (жер). // Жақын (жер).* **2.** *Таң атып, айнала анық көрінетін, жарық түскен (кез).*

**Көзкөрім жер.** этн. *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын, көрінетін арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**КӨЗКӨРІМДІК** сын. *Көзбен көрерліктей, көз жететіндей, шағын.*

**КӨЗКҮЙІК** сын. *Жексұрын, жеккөрінішті.*

**КӨЗҚАБАҚ: көзқабаққа сиынды**. *Көз шағылыстырды.*

**КӨЗҚАЛТА** зат. *Кішкентай қалташа, шағын кап, капшық.*

**КӨЗҚАМАН** зат. *Қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтар мен мұраларды, діни, ахлақтық нормалар мен түсініктерді қайта қарауды, жоққа шығаруды білдіретін ұғым.*

**КӨЗҚАМАНДЫҚ** зат. *Өз ұлтының мүддесіне жат көзбен қараушылық.*

**КӨЗҚАМАНШЫЛДЫҚ** зат. *Өз ұлтының мүддесіне немқұрайлы қарайтындардың әсіре ой-пікірлері мен әрекеттері.*

**КӨЗ-ҚАРАҚ** зат. *Көретін де, қарайтын да қабілетке ие адамның дене мүшесі қос жанар.*

**КӨЗҚАРАС** зат. **1.** *Пікір, ой, ұғым.* **2.** филос. *Адамдардың өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы немесе бұрын болған оқиғалар мен құбылыстарға, жеке тұлғаларға, идеяларға т.б. қарым-қатынасы және содан туындайтын илanымы, басшылыққа алатын ұстанымы.* **3.** психол. *Адамның, әлеуметтік топ не қоғамның айналада болып жатқан процестерге, құбылыстарға қатысын айқындайтын дүниетанымдық категория.*

**КӨЗҚАРАНДЫ** *Бояма, сырты жылтыр.*

**КӨЗҚАРЫҚТЫҚ** зат. этн. *Аппақ қардан, күннің ащы нұрынан көзді қарығудан сақтайтын, қара киізден сақтайтын, қара киізден, жылқы қылынан, терден ортасын тесіп жасаған, екі ұшында бауы бар құрал.*

**КӨЗҚАШТЫ: көзқашты қылды.** *Көз үйренді, үйреншікті болды.*

**КӨЗ-ҚҰЛАҚ** зат. *Хабарды жеткізуші, құлақтандырушы, хабар таратушы.*

**Көз-құлақ болды.** а) *Хабар таратты, жеткізді, құлақтандырды.* ә) *Бас-көз болды, қарайласты, назар салды, көңіл бөлді.*

**КӨЗҚҰНЫ** зат. этн. *Байырғы құқықтық жүйеде біреудің көзін шығарған адамға салынатын айып түрі.*

**Көзқұны жоқ.** *Өткізіп қойған ештеңесі жоқ, алты аласы, бес бересі жоқ.* **Көзқұны қалғандай**. *Ақысы кеткендей.*

**КӨЗҚЫСПАЙ** зат. сөйл. *Жасырын келісім, ым-жым.*

**Көзқыспайы бар.** *Ым-жымы бір, өзара келісіп алған.*

**КӨЗЛЕ** [ор. козлы.] зат. *Тарантас делбесі отыратын орын.*

**КӨЗМӨЛШЕРМЕН** үст. *Шамамен, жалпы нобаймен.*

**КӨЗОТАҒА** зат. қолөнер. *Патшалар мен ханзада, ханшалардың баскиімінің маңдайына тағылатын асыл тас.*

**КӨЗӨТТІК** зат. **1.** *Көз тастаушылық, көз жіберушілік, назарға алушылық.* **2.** *Көз тиюшілік.*

**КӨЗСІЗ** сын. **1.** *Көзі жоқ.* **2.** ауыс. *Жүрекжұтқан, ержүрек, қорқуды білмейтін.*

**Көзсіз басшылық**. *Алды-артын ойламай басқару, іске жауапсыз қарау.* **Көзсіз [қас] батыр.** *Еш нәрседен қорықпайтын, қойып кететін ер мінезді нағыз, шын ер.* **Көзсіз батырлық.** *Ештемеден тайсалмайтын, еш н»рсені қауіпті деп ойламайтын ержүректік қасиет.* **Көзсіз ер.** *Асқан батыр, жүрекжұтқан батыр.* **Көзсіз ерлік [батырлық].** *Қауіпті жол, қатерлі іске бастаған әрекет, жүрек жұтқандық.* **Көзсіз жау.** *Еш нәрседен тайынбайтын, дүлей жау.* **Көзсіз көбелек**. *От пен суға түсерін білмейтін адам жайлы айтылады.* **Көзсіз көбелектей**. *Еш нәрседен тайынбайтын.*

**КӨЗТАМЫР** зат. этн. *Бұрынан таныс, араласып жүрген адам.*

**КӨЗТАНА** зат. этн. *Бетіне асыл тас орнатқан қымбат бағалы түйме, тана.*

**КӨЗТАНЫС** зат. *Жете білмейтін, кездесіп қана, көрісіп жүретін адам.*

**КӨЗТОЯРЛЫҚ** сын. *Сұлу, келбетті деген мағынада.*

**КӨЗТҮРТКІ** сын. **1.** *Жеккөрінішті, жексұрын.* **2.** *Көзге шұқушылық, кемсітушілік.*

**Көзтүрткі болды.** *Жеккөрінішті болды, жексұрын болды, отырса – опақ, тұрса – сопақ болды.*

**КӨЗІК¹=** ет. сөйл. *Жолығу, кездесу, көзіне түсу.*

**КӨЗІК²=** ет. *Көз тию, көз өту.*

**КӨЗІҚАРАҚТЫ** сын. *Хат танитын, ақылы ояу, көзі ашық, сауатты.*

**КӨЗІЛГЕК** зат. этн. *Ине немесе тебенді отқа қыздырып, ұшын иіп, оған ағаштан немесе мүйізден сап жасап дайындалған, көздің ноғаласын тартып тұрып, ішіндегі пайда болған шеміршекті ептеп сылып алатын дәстүрлі ортада емшілер тәжірбиесінде көз ауруларын емдеуге қолданылатын аспап.*

**КӨЗІЛДІРІК** зат. *Көздің оптикалық кемістігін түзету, күн сәулесінен, шаң-тозаңнан, химиялық заттар әсерінен қорғау үшін қолданылатын құрал.*

**КӨЗІЛДІРІКСІЗ** сын. *Көзілдірік кимеген, көзілдірігі жоқ.*

**КӨЗІЛДІРІКТЕН=** ет. сөйл. *Көзілдірік кию.*

**КӨЗІЛДІРІКТІ** сын. *Көзілдірігі бар, көзілдірік киген. //Көзілдірігі бар адам.*

**Көзілдірікті кобра.** зоол. *Мойнының желке жағында көзілдірікке ұқсас ашық түсті суреті бар, ұзындығы 160-180 см өте улы жылан.*

**КӨЗІНШЕ** үст. *Көрсетіп тұрып, көз алдында, көпе-көрнеу.*

**КӨЗІР** [ор. козырь] зат. *Карта ойынында бір түсті картаның ұтыс жағынан басқа түстілерінен басым болуы, артықшылығы.*

**Көзір етіп тартты.** *Артықшылық, басымдығын ерекше ескертті.* **Көзір ойнады**. жерг. *Карта ойнады.*

**КӨЗІР** зат. көне. *Қылмысты адамның қолына салынатын кісен.*

**КӨЙ** зат. көне. *Шаруа, іс, жұмыс.*

**КӨЙГЕЙ** зат. сөйл. ***Көйгөй.***

**КӨЙГӨЙ** зат. сөйл. *Үйреншікті ескі сарын.*

**КӨЙГӨЙЛЕ=** ет. *Бірсыдырғы мұңлы әнге басу.*

**КӨЙКІЛДЕТ=** ет. *Күйге басу, күйді тоқтатпай сазына келтіріп тарта түсу.*

**КӨЙЛЕ=** ет. *Қалпына түсу, бабына келу.*

**КӨЙЛЕК** зат. *Денеге шақталып тігілген жеңіл, жұқа киім.*

**Жүсіптің көйлегі.** *Көзге ыстық, көңілге жақын* [*діни аңыз бойынша Жүсіп пайғамбар — «Жүсіп-Зылиха» дастанында баяндалатын Жақып пайғамбардың ұлы. Ағалары Жүсіптің көйлегін қанға бояп алып, әкелеріне Жүсіпті қасқыр жеп кетті деп алдайды*]. **Көйлегі жыртылды.** поэт. *Беті қайтты, күшінен айырылды.* **Көйлегі көк, тамағы тоқ.** *Тұрмысы жақсы.* **Көйлекті бұрын тоздырды.** *Жасы үлкен, ересек.*

**КӨЙЛЕК-ДАМБАЛ** зат. *Жалаңаш денеге киетін ішкиім.*

**КӨЙЛЕК-ДАМБАЛШАҢ** үст. *Іш киіммен ғана, сырт киімсіз.*

**КӨЙЛЕК-КӨНШЕК** зат. *Киім-кешек, жеңіл-желпі жұқа киімдер.*

**КӨЙЛЕКСІЗ** сын. *Көйлегі жоқ, көйлек кимеген.*

**КӨЙЛЕКТЕН=** ет. *Көйлекті болу, киіну, көйлек кию.*

**КӨЙЛЕКТЕНУ** *Көйлектен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЙЛЕКТІ** сын. *Көйлегі бар, көйлек киген. // Көйлегі бар, көйлек киген адам.*

**КӨЙЛЕКТІК** сын. *Бір көйлек тіктіруге жетерлік.*

**КӨЙЛЕКШЕҢ** сын. *Көйлек қана киген. // Көйлек киген күйде.*

**КӨЙЛЕК-ЫСТАН** зат. жерг. ***Көйлек-ыштан.***

**КӨЙЛЕК-ЫШТАН** зат. *Ішкиім, көйлек-дамбал.*

**КӨЙНЕК** зат. сөйл. жерг. ***Көйлек.***

**КӨЙТ** зат. этн. *Асық ойынында қарыз алу; қарызға алынған асық.*

**КӨЙІНБОТА** зат. кәс. *Үлек пен кердері маядан туылған бота.*

**КӨЙІНШІК** зат. жерг. *Үлек пен кердері арасынан алынған түйе тұқымы.*

**КӨЙІТ¹** зат. *Алым, қарыз.*

**КӨЙІТ²=** ет. *Сөйлей беру, тоқтамай көп сөйлеу.*

**КӨЙІТКІЗ=** ет. *Сөйлете беру, көп айтқызу.*

**КӨЙІТКІЗУ** *Көйіткіз етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЙІТУ** *Көйіт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨК¹** сын. **1.** *Ашық аспан тәрізді (түс).* **2.** *Жасыл (түс).* **3.** миф. *Киелі көк Тәңірінің қасиетіне ие болған.* **4.** этн. *Байырғы қазақ қоғамында бай-дәулетті, ауқатты әлеуметтік топтың ерекшелеуші түсі - көк түстен тігілген, көк түс тән болған.* **5.** *Сыз, ылғалды,дымқыл.* **6.** *Тайғақ, тайғанақ, мұз қатқан. // Көгеріп шыққан өсімдік, көк шөп. // Жеміс-жидек, көкөніс. // Аспан, зеңгір.*

**Көк азық.** малшар. *Малдың жемі ретінде қолданылатын шөп.* **Көк айғырдың кісінеуі.** этн. *Көктем мезгілінде күннің алғаш күркіреуі [күннің күркіреуін ертедегі түсінік бойынша періштенің айқайы, найзағайды оның қуып жүріп атқан оғы деп түсінген; күннің алғаш күркіреуі қазақтар үшін жақсылықтың басы, яғни, жаңғырудың нышаны деп саналған].* **Көк ала.** *Ақ, қара немесе басқа түстермен көктің араласқан түстің түрі.* **Көк ала қойдай**. *Соққы жеп, денесіне таяқ өткен, дақ түскен.* **Көк ала қойдай етті [қылды].** *Денесінің сау-тамтығын қалдырмай ұрды, әбден соққылады.* **Көк ала сақал болды**. жерг. *Егін сарғайып, пісе бастады.* **Көк ала торғайдай қылды**. *Ұрып-соғып, денесін көгертті, бет-әлпетіне дақ салды.* **Көк ала үйрек.** этн. *Фольклорлық дәстүрде ақын мен жыраудың шығармашылық рухының бейнесі, кейде жебеушісі ретінде, дәстүрлі қазақ дүнетаным жүйесінде адмның жанының символы ретінде орныққан бейне.* **Көк ала шұбар**. *Көк пен ақ түстің араласып, әр жерінде дақ болып түскен, шұбарланған.* **Көк атыз болды**. жерг. *Атыздағы күріш дән алды.* **Көк базар**. *Көгөніс, жеміс-жидек сататын жер.* **Көк балауса**. *Көк шалғын.* **Көк барқын.** *Қою көк, қошқыл көк түсті.* **Көк бел.** *Бетін көк шалған, шөбі көгеріп шыға бастаған жалпақ кең асу.* **Көк белбеу.** *Бұл жерде көк шалғын, майса деген мағынада.* **Көк бөрі.** а) миф. *Көне түркілердің төтемі болған киелі жыртқыш аң.* ә) *Үлкен арлан қасқыр.* б) *Қайсар батыл, азулы, адуынды, дегені болатын.* **Көк бурыл**. а) *Көкшіл тартқан, ағара бастаған.* ә) *Көкшіл түсті (ат, жылқы).* **Көк бұйра.** а) *Бұйралана біткен жасыл жапырақты.* ә) *Насыбайдың жақсы түрі.* **Көк гүлкекіре**. өс. <лат. centaurea cyanusl> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, мамыр, қыркүйек айларында гүлдейтін, жемісі маусым, қазанда пісетін, биіктігі 25-100 см бір жылдық шөптесін өсімдік.* **Көк дөнендей жүйрік көңіл.** поэт. *Адам ойының, санасының ұшқырлығы, жылдамдығы туралы айтылады.* **Көк жалын бүркіті.** поэт. *Оқты боратты, от шашты.* **Көк есек**. *Жұмсауға қолжаулық адам, көнбіс.* **Көк есекке теріс мінгізді.** *Масқара етті, әбүйірін түсірді, мазақ қылды.* **Көк есекпен саудасы жоқ**. *Ертеңгі күнімен ісі жоқ.* **Көк етік.** этн. *Көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, ұшкір тұмсық етік.* **Көк етікті кездеспеді [келмеді], көн етіктіні көзге ілмеді [менсінбеді, бармады].** *Ауқатты, сауаттысы кезікпеді, қарапайым адамды өзі місе тұтпады, керек қылмады, әдетте күйеуге шықпаған қызға айтылады.* **Көк жібек.** поэт. *Көк шөп, көгорай.* **Көк жібектей созылды**. *Жібек сияқты сусылдап толқынданды, ырғатылды.* **Көк зеңгір.** *Көкпеңбек, жап-жасыл.* **Көк итқонақ.** өс. <лат. setaria viridis> *Астық тұқымдасы итқонақ туысына жататын арамшөптің бір түрі.* **Көк кәріне ұшыра [ұрын].** қарғ. *Алла тағаланың қаһары келсін.* **Көкке ауыз ілікті [тиді].** *Жерге шөп шығып, тойынар шақ келді.* **Көк қошқар.** діни. *Құрбандыққа шалынатын еркек қой [Құран кәрімдегі аңыз бойынша, Ыбырайым пайғамбарға түсінде ұлы Ысмайылды Алла тағала құрбандыққа шал деген аян берілді, Ысмайыл бұған әзір еді. Алла жолында әкесіне өзін құрбандыққа шалуға дайын екенін айтады. Осы сәтте өз құлдарының адал екеніне көзі жетіп, рақымы түскен Алла тағала құрбандыққа көктен еркек тоқты түсіреді. Содан бері Алла тағалаға бағыштап құрбандыққа еркек мал шалынатын болған].* **Көк қуалады.** *Мал жаңа шыққан көк шөпті іздеп, андыздап кетті.* **Көк құрақ.** *Сарғайып, қурамаған жас қамыс.* **Көк құс.** миф. *Көктемді қанатына ілестіріп әкелетін Көк Тәңірінің құсы.* **Көк майдан.** поэт. *Айдын шалқар.* **Көк майса**. *Жасыл шалғынды шөбі мол, жайсаң жер.* **Көк малта**. а) *Малтаның қатып-семіп қалған түрі.* ә) *Көп сөйлейтін, көпірме, сөз құмар көбік ауыз.* **Көк малтасын езді.** *Көп сөйледі, мылжыңдады.* **Көк мөлдір**. *Өте тұнық, тап-таза.* **Көк мұзға отырғызды.** *Алдап, сан соқтырып кетті.* **Көк мүйізденді**. *Саусақ, алақан, табан т.б. терісі сүйелденіп қатты.* **Көк орды**. *Өмірден ерте кетті, өмірі қыршынынан қиылды.* **Көк сақал**. *Сақалына ақ түсе бастаған, орта жастағы ер адам.* **Көк сәуле.** физ. *Жарықтың жеті түрлі түсінің бесінші реңі.* **Көк сәулелі.** физ. *Жарықтың жеті түрлі түсінің бесінші реңіндегі сәулесі бар.* **Көк сең**. *Қатты тоң жер.* **Көк сеңгір.** *Биік шың.* **Көк соққыр**. қарғыс. *Құдай атқыр, жай түскір, Тәңір соққыр.* **Көк сұр**. *Көгі-сұры аралас, көкшілдеу сұрғылт.* **Көк тас.** этн. миф. *Жер-жаһанның жаратылуы туралы көне аңыздағы жерді көтерген көк өгіз үсінде тұратын қасиетті, киелі тас [аңыз бойынша көк тас наурыз айының тоғызыншы күні бір сәтке жұмсарады; осы сәтте оған пышақты сұғып жіберіп, қайта суырып алса, тас болып қатып қалады екен].* **Көк теңбіл**. *Әр жерінде көгі бар, көк сұр.* **Көк торғынға оранды.** бейн. *Көк шықты, айнала жасыл түске енді.* **Көк ту.** этн. *Ертедегі өлікті жөнелту, аза тұту ғұрпында төре тұқымына жататын қазақтар арасында орын алған қара тігу салтының бір атрибуты.* **Көк түйғындай.** *Көк түйғын секілді шапшаң қимылдау.* **Көк тұқыл**. а) *Таза қырынған, қырынғанда иегі көгіс тартқан.* ә) *Ештеңе шықпаған, көсе.* **Көк тігілгір**! қарғ. *Көк соққыр, Құдай атқыр деген мағынадағы қолданыс.* **Көк шалғын.** *Қалың өскен биік шөп.* **Көк шираз.** жерг. *Көк түсті қаракөл елтірісі.* **Көк шұбар**. *Әр жерінде көкшіл дағы бар.* **Көк шыбықтай солқылдады [иілді]**. *Көк шыбық секілді жіңішке, майысты, иілді.* **Көк шымшықтай [етіп, қылып]сабады**. *Көкпеңбек дақ түскенше ұрып-соқты.* **Көкжал бөрі.** а) *Арыстай үлкен қасқыр.* ә) *Айбатты, азулы, қайсар.* **Көкке бағу**.

*Аллаға сыйыну.* **Көкке бақты.** *Аллаға сиынды, құлшылық етті.* **Көктен сұрағаны [тілегені] жерден табылғандай.** *Көптен күткен арман-тілегі бірден орындалып, іздегені аяқ астынан кезіге кеткендей.* **Көктен іздегені [тілегені] жерден табылды.** *Тілегі күтпеген жерден орындалды; жоқ жерден қуанышқа кенелді.*

**КӨК**[2] зат. **1.** *Әуе, аспан.* **2.** ауыс. *Шың, биіктік.*

**Көк аспан сынды.** бейн. *Найзағай шартылдады.* **Көк аспанның кеудесіне.** бейн. *Қақ ортаға, тас төбеге.* **Көк дүниесі.** а) *Аспан әлемі.* ә) *Жер беті.* **Көк жүзі.** поэт. *Аспан, аспан әлемі.* **Көкке атылды.** *Биікке шапшыды, аспанға ұмтылды.* **Көкке бойлады.** поэт. *Биіктеді, жоғарылады, ұзарды.* **Көкке көтерді.** *Құрметтеп, қадірледі, абыройын асырды, қолпаштап жоғары бағалады.* **Көкке көтерілді.** а) *Аспанға шарықтады, жоғарыға ұшты.* ә) *Мерейі асты, елге даңқы жайылды, ауызға ілікті, жұрт сыйлайтын кісі болды.* **Көкке қарады.** *Менсінбеді, менменсіді, дандайсыды, паңсынды.* **Көкке құлаш ұрды [созды].** *Биікке ұмтылды.* **Көкке самғатты.** *Ойын, қиялын шарықтатып, үміттендірді, армандатты, қиялдатты.* **Көкке таласқан [астасқан, тіресқен].** *Өте биік, бәрінен жоғары.* **Көкке шаншылтты.** *Көкке көтерді, жоғары көтерді.* **Көкке шаншыған.** *Дамыған, өркендеген, байыған.* **Көк көбесі сөгілді.** поэт. *Найзағай жарқылдап, жалт-жылт етті.* **Көк күмбезі.** поэт. *Аспан.* **Көкпен тілдесті.** *Мейлінше шарықтады.* **Көктегі құс, жердегі аң.** *Барлық құстар мен аңдар.* **Көкте тұрған жұлдыз.** *Қол жетпес арман.* **Көктен ақты.** *Аспаннан түсті, биіктен құлады, жоғарыдан құйылды.* **Көктен түскендей.** *Күтпеген жерден, ғайыптан пайда болғандай.* **Көктен түскен жасылдай.** *Найзағай түскендей, төбеден ұрғандай.* **Көктен түскен періштедей.** *Ерекше, айрықша.* **Көктен түскен тастай жарқ етті.** *Кенеттен, күтпеген жерден пайда болды.* **Көктен түсті.** *Өмірге икемі жоқ, қамсыз жүрді деген мағынада.* **Көк тіреді.** *Өте биік болды, аспанмен таласты.* **Көкті тіреп отырғандай.** *Бүкіл дүниені өзі билеп тұрғандай бөлденді.*

**КӨК**[3] зат. этн. *Киіз үйдің керегесін т.б. көктейтін, кереге ағаштарын бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын, иі қанбаған қайыстан тілінген таспа.*

**КӨК**[4] зат. *Найзағай, жай оты, жасын.*

**КӨК**[5] сын. жерг. **1.** *Қиқар, қыңыр.* **2.** ауыс. *Озбыр, шаш ал десе бас алатын.* **3.** ауыс. *Қатып-семген, сілейіп қалған.*

**Көк жендет.** *Барып кел, шауып кел, шаш ал десе бас алатын.* **Көк ит.** а) *Озбыр, бұзақы адам.* ә) бейн. *Озбыр билеуші, әкім.* **Көк қырсық.** *Өз дегенінен қайтпайтын, нағыз қырсық.* **Көк төбет.** *Озбыр деген мағынада айтылады.* **Көк тырнақ көбесінен кірді.** *Тырнағы денде кірді, батты.*

**КӨК**[6] сын. **1.** *Шикі, шала піспеген.* **2.** *Құнарсыз, майсыз, сылдыр сұйық.* **3.** *Арық, тыриған.* **4.** *Бос, қаусаған.* **5.** *Ащы, кермек.*

**Көк айран.** *Майсыз, сұйық айран.* **Көк ала түтін.** *Маздап, қозданып жанған оттың немесе күйіктің, темекінің ащы селдір, көгілдір түтіні.* **Көк асық.** *Жасық, шыныңқпаған, кемелденіп жетпеген.* **Көк бақыры жоқ.** *Бір тиын ақшасы жоқ.* **Көк бұтақ.** *Бірде-бір ағаш, ешқандай биік өсімдік деген мағынады.* **Көк етті, көн терілі.** *Азып-тозған, арық.* **Көк жасық.** а) *Жілігі татымаған, сорпаға шығары жоқ, өте арық (ет).* ә) *Толып жетілмеген, шалағай.* **Көк желке.** а) *Нақ желке, қақ желке.* ә) *Сырт жағы, ту сырты.* **Көк желке болды.** *Әбден шаршап, шалдығып қалжырады.* **Көк желкесінде.** *Өте жақын жерде, нақ артында, дәл сыртын ала.* **Көк желкесіне мінді.** *Ырқына көндірді, бағындырды, басынды.* **Көк желкесінен тартты.** *Кежегесі кейін тартты, шегіншектеді, ілгері баспады; жалқауланды.* **Көк иық болды.** *Әбден титығы кетті, болдырды, шаршады.* **Көк иық қылды.** *Әбден мазасын алды, мезі етті.* **Көк сүт.** *Майынан ажыратылған, қаймағы алынған сүт.* **Көк тиын.** *Түк те, дәнеңе де (ең болмаса бір тиын да).* **Көк тиын болмады.** *Мүлде ақшасы болмады.* **Көк тиын беделі болмады.** *Қадірі болмады, абыройсыз болды.* **Көк тиыны жоқ.** *Мүлде ақшасы жоқ, құралақан.* **Көк шалап.** *Суы көп айран қосылған сусын (айран, қымыз т.б.).*

**КӨК**[7] сын. көне. *Болаттан, құрыштан, т.б. берік металдан соғылған, мықты.*

**Көк ала жамшы жабылды.** *Батырдың киімін киді, жауға аттанды.* **Көк алмас.** *Өткір, жүзі қайтпайтын қылыш.* **Көк балдақ.** этн. *Болаттан соққан қылыш.* **Көк болат.** саят. *Қыран құстың тұмсығы.* **Көк ине.** *Ине атаулы.* **Көк инені көзге түрте білмейді.** *Іс тіге алмады, олақ болды.* **Көк инені к...іне түрте алмайды.** *Қолынан іс келмейді.* **Көк құрыштай.** *Сапалы болаттай, мықты.* **Көк найза.** *Найзаның сапалы, асыл түрі, болат найза.* **Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен.** *Күштеп, айбат көрсетіп бағындыру.* **Көк сауыт.** этн. *Сапалы болаттан жасалған көбенің түрі.* **Көк семсердің жүзі.** поэт. *Қайтпас қайсар батырлық, өркөкіректік, жастық шақтың жалынды лебі.* **Көк темір** фольк. *Қару-жарақ, сауыт-саймандардың жиынтық атауы.* **Көк темір құрсанды.** поэт. *Мұздай қаруланды, барлық қаруын түгел асынды.* **Көк теңгедей.** *Кішкентай теңге тәрізді.* **Көк шыныдай.** *Шыны тәрізді қатты, жылтыр.* **Көк ішек болды.** *Ішек-сілесі қатып күлді.*

**КӨК**[8] сын. **1.** *Долы, дүлей; бетпақ.* **2.** ауыс. *Мибатпақты; сылпылдаған, езілген.* **3.** ауыс. *Қалың, қаптаған, қою; толастамаған.*

**Көк алалы көп жылқы.** *Үйірі әртүрлі, алуан түсті жылқы.* **Көк аланың үйірі.** *Жылқының таңдаулы үйірі.* **Көк ала су.** *Көбігі бетіне шығып, бырқанып тасыған өзен-көл, теңіз.* **Көк дауыл.** а) *Үскірік, қарлы боран.* ә) поэт. *Ерекше серпін, күш.* **Көк дауылдай.** а) *Өте екпінді, мейлінше асқақ мағынасында.* ә) *Ашуы қатты, көк долы мағынасында.* **Көк долы.** а) *Ашуы қатты, ашушаң.* ә) *Бет қаратпас, қарқынды.* **Көк долы қатыннан дәу пері қашады.** *Әйелдің тентектігі, долылығы, көкбеттігі туралы.* **Көк жалқау.** *Мейлінше ерiншек, жұмысқа бойы жа бермейтін.* **Көк жамбас.** а) *Үсті сатала, тым жүдеу мағынасында.* ә) *Қырық қуық, шыжың.* б) *Берекесі кеткен, төсек тартып жатып қалған, дәрменсіз.* **Көк жанжал.** *Қып-қызыл шатақ, барып тұрған дау-жанжал.* **Көк қасқа бетеге.** *Пісіп жетілген, жақсы өскен бетеге.* **Көк нөсер.** *Көктемде, жазда қатты жауатын өткінші жаңбыр.* **Көк сорпа болды.** *Ақ тер, көк тер боп, терлеп-тепшіді.* **Көк тер болды.** *Қатты терледі.* **Көк терге түсті [көк тер болды].** *Ағыл-тегіл терледі, қара суға түсті.* **Көк тұман.** а) *Қалың тұман, айналаңды көре алмайтын қою тұман.* ә) *Алды белгісіз, бұлыңғыр.* **Көк түтін.** *Будақтаған, қара қошқыл түтін.*

**КӨК**[9] зат. қолөнер. **Көккайыс.**

**КӨКАЗЫҚ** зат. этн. *Мал азығы ретінде қолданылатын екпе және табиғи өсімдіктердің жалпылама халықтық атауы.*

**КӨКАЙЫЛ** сын. **1.** *Долы, бетбақ, ашушаң, ұрысқақ.* **2.** *Мықты, күшті, күші ерен.* // Мықты, *күшті адам.*

**КӨКАЙЫЛДАН =** ет. *Долдану, ашулану.*

**КӨКАЙЫЛДАНУ** *Көкайылдан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКАЙЫЛДЫҚ** зат. *Бетбақтық, долылық.*

**Көкайылдыққа салды.** *Бетбақтанды, бет қаратпады, безерді.*

**КӨКАЛА**[1] зат. мед. *Науқастың мұрнынан, құлағынан, кіші дәрет, үлкен дәрет жолдарынан, тіс түптерінен тоқтаусыз қан кететін, кенеден жұғатын ауру.*

**КӨКАЛА**[2]: **көкала сақал.** егінш. *Тарының гүлін жерге төгіп бас тартқан кезі.*

**КӨКАЛА**[3] зат. вет. *Сүзек, оба, көкшешек секілді аурудың бір түрі.*

**Көгала келгір.** қарғ. *Көбінесе үлкен адамдар ашуланғанда ұл балаға қаратып айтатын зілсіз қарғыс.*

**КӨК-АЛА** сын. *Көгі де бар, аласы да бар аралас түр-түс.*

**КӨКАЛАҚҰС** зат. миф. ***Көкқұс.***

**КӨКАЛЫМ** зат. тар. *Патшалық Ресейдің отарлауы кезінде қазақтардың жерлерді жайылымға пайдаланғаны үшін мал басына қарай орыс билігіне төлейтін алымы.*

**КӨКАУЫЗ** сын. **1.** *Беталды сөйлей беретін, сөзуар, мылжың.* **2.** *Шатақ, ұрысқақ.*

**КӨКАЯЗ** сын. **1.** *Шикі, шала піскен, борсыған.* **2.** *Тоңазыған, дымқыл тартқан.*

**КӨКАЯЗДАН=** ет. *Сіресіп қатып қалу.*

**КӨКАЯЗДАНУ** *Көкаяздан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКБАЗАР** зат. *Жеміс, жидек, көкөніс сатылатын сауда орны.*

**КӨКБАҚА** сын. **1.** *Арық, жеп ауыз тұшымайтын, майсыз (малға қатысты).* **2.** *Тырбиған арық, сидиған жүдеу (адам).* **3.** ауыс. *Түкке тұрмайтын, мардымсыз.*

**КӨКБАЛАУСА** зат. *Өсіп жетілген шөп, шөптің балғын кезі.*

**КӨКБАРАЗДА=** ет. сөйл. *Тап-таза етіп крахмалдап жуу.*

**КӨКБАРДАЙ** сын. сөйл. ***Көкпардай.***

**КӨКБАРҚЫН** сын. *Қара көк.*

**КӨКБАРМАҚ** сын. *Қолынан іс келмейтін, олақ.*

**КӨКБАС**[1] [лат. eryngium] зат. өс. *Жапырақтары жұқа болып келетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Көкбас беде.** жерг. *Таулы жерге шығатын жоңышқаның бір түрі.*

**КӨКБАС**[2] зат. зоол. <лат. diptychus> *Денесінің түсі тіршілік ортасына сәйкес өзгеріп отыратын, уылдырығы улы болып келетін тұқы тұқымдас балық.*

**Көкбас қарабалық.** зоол. <лат. schizothorax arg.pseudaksaiensis> *Тұқылар тұқымдасы қарабалық туысына жататын сиреп кеткен балық түрі.*

**КӨКБАС: көкбас ер.** этн. *Алдыңғы қасы жылқының сауыр терісінен жасалған көксауырмен қапталған аса бағалы ердің түрі.*

**КӨКБАСГҮЛ** зат. өс. <лат. echium> *Далалы аймақтарда, жол жағаларында өсетін сабағы тік және тікенек қылтанды екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКБАСШӨП** зат. өс. <лат. nepeta> *Биіктігі 5-40 см болатын, маусым-шілде айларында гүлдейтін, еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКБАУЫР**[1] зат. малшар. *Түйе мен жылқының бауыр түсын көгертіп, ісіндіретін ауру.*

**КӨКБАУЫР**[2] зат. **1.** анат. <лат. lien> *Қан түзу мен зат алмасу процесіне қатысатын мүше.* **2.** этн. *Төрт түлік малдың қарынына жабыса біткен, көкбет, еретедегі қазақи түсінік бойынша көкдолы болып кетеді деп ырымдап жас балалар мен келіндерге жегізбеген мүшесінің атауы.*

**КӨКБЕК** зат. өс. ***Көкпек.***

**КӨКБЕРЕН** сын. *Алғыр, мықты.*

**КӨКБЕТ** сын. *Ашушаң, ызақор, долы, бетпақ.*

**КӨКБЕТТЕН=** ет. *Тас-талқан болып ашулану, ызаға булығу, долдану.*

**КӨКБИІК** зат. өс. *Қырға, құаң жерге шығатын шөп.*

**КӨКБОЗАТ** зат. астр. *Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі.*

**КӨКБОЯУ** зат. өс. *Жемісі дәмді, хош иісті жидекті дақыл.*

**КӨКБӨРІ** зат. миф. этн. *Түркі халықтарының шығу тегімен байланыстырылатын басты тотемі – «көктен келген көк аспанның бөрісі – Көктәңірдің бөрісі, киелі бөрі» деген*

*түсініктен туған, қазақ мәдениетінде үлкен этномәдени мәнге ие қасқырдың ғұрыптық метафоралық атауы.*

**КӨКБҰТА** зат. өс. <лат. calluna> *Биіктігі 30-70 см болатын, бұталы, жапырақтары ұсақ, мәңгі жасыл бұта.*

**КӨКБҮЛДІРГЕН** зат. өс. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, жидекті дақыл.*

**КӨКГҮЛ** зат. өс. <лат. gentiana> *Жапырағы сопақша, гүлі көк, кейде сары түсті келетін біржылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКДАҢҒЫЛ** зат. *Самал жел.*

**КӨКДӘРІ** зат. жерг. **1.** *Тотияйын.* **2.** ауыс. *Бетпақ, долы, ұрысқақ.*

**КӨКДӨНЕН** зат. кәс. *Ерте пісетін, қабығы жұқа үлкен қауын.*

**КӨКЕ**[1] зат. **1.** *Баланың үлкен ағаларын не әкесін құрметтеп айтатын, туыстықты білдіретін сөз.* **2.** *Жасы үлкен ер адамды құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **3.** ауыс. *Бәрінен асқан, ең мықтысы.*

**Көкесін танытты**. *Сыбағасын берді, жазалады, көресіні көрсетті.*

**Көкесін [көресіні] көрсетті.** *Көресісін көрсетті, тәубасына келтірді.*

**КӨКЕ**[2]**: көке жасық.** сөйл. ***Көк жасық*** *(жілігі татымаған, арық).*

**КӨКЕГІН** зат. этн. ***Көкегіс.***

**КӨКЕГІС** зат. этн. *Дәстүрлі егіншіліктегі бидай, арпа, сұлыдан, яғни кеш пісетін ақегіске жататындардан басқа тары, күріш, жүгері сияқты ерте пісетін дақылдарының жалпылама атауы.*

**КӨКЕЗУ** сын. *Сөзге жар бермейтін, қолынан іс келмейтін мылжың.*

**КӨКЕЗУЛЕН=** ет. *Көпіріп көп сөйлеу, мылжыңдау.*

**КӨКЕЗУЛЕНУ** *Көкезулен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКЕЗУЛІ** сын. сөйл. *Мылжың, мыжыма.*

**КӨКЕЙ** зат. *Жады, ой, ес, ақыл.*

**Көкейге қонды [енді]**. *Көңілге қонды, ойдан шықты, ұнады.* **Көкейге түсті.** *Ақылға қонды.* **Көкейде [ойда] жүрді.** *Үнемі ойында тұрды, есінен шықпады.* **Көкейде сайрап тұр**. *Ішкі дүниеде бәрі айдан анық, айтылуға дайын тұр, ой жүзінде орындалып тұр.* **Көкейіне құйды.** *Айтып жеткізді.***Көкейінен кетпеді.** *Ойынан шықпады.* **Көкейіне сақтады**. *Санасына мықтап енді, әрдайым ұмытпайтындай болды.* **Көкейіне түйді**. *Жадында ұстады, ойынан шығармады, зердесіне түйді.* **Көкейіне ұялады.** *Өте ұнады, миға қонып кетті, толық ұқты.* **Көкейін құртша тесті.** *Дымын құртты, аңсарын аударып маза бермеді.* **Көкейін тесті.** а) *Жан-тәнімен арман етті, құмартты.* ә) *Көптен бері жүзеге аспай, көңілге ұялап, ойды мазалап жүрді.*

**КӨКЕЙ: көкей жасық**. сөйл. ***Көк жасық*** *(жілігі татымаған, арық ет).*

**КӨКЕЙКЕСТІ** сын. *Ойда жүрген, діттеген, маңызды (мәселе).*

**КӨКЕЙТЕСТІ** сын. *Шешілмей жүрген, ойды мазалайтын, толғандыратын (сұрақ).*

**КӨКЕК**[1] зат. зоол. <лат. cuculidae> *Тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сарала түсті, «көкек-көкек» деп дыбыс шығаратын құс.*

**КӨКЕК**[2] зат. *Қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесінде жылдың 30 күндік наурыздан кейінгі айы; сәуір.*

**Көкек жалынгүл**. өс. <лат. coronaria flos cuculi> *Қалампыр тұқымдасына жататын, мамыр-шілде айларында гүлдейтін, биіктігі 30-100 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКЕКТЕ=** ет. *«Көкек... көкек» деп үн шығару.*

**КӨКЕКТЕЙ** сын. *Көкек сияқты, көкек тәрізді.*

**КӨКЕКШЕ** үст. *Көкекке ұқсап, көкек сияқты.*

**КӨКЕКШӨП** зат. бот. <лат. gymnadenia> *Гүлшоғыры қалың әрі хош иісті сүйсіндер тұқымдасына жататын сабағы бұдыр, жапырақтары кезектесе орналасатын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКЕЛЕ=** ет. **1.** *«Көке-көке» деу.* **2.** *Аға тұту.*

**КӨКЕЛЕУ** *Көкеле етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКЕЛТАШ** зат. тар. көне. *Алтын Ордада, Қазақ хандығында ханға жақын қызмет атқарған адамның лауазымы.*

**КӨКЕМАН** зат. миф. *Бақсы ойыны кезінде бақсыға көмекке келетін, алып денелі, төбесі көк тіреген батырдың бес қаруын асынған, әдетте, жындардан тұратын қолы бар, жауына қарсы шауып, оны найзамен түйреп өлтіретін жын болып сипатталатын жай адамның көзіне көрінбейтін тылсым күш иесінің атауы.*

**КӨКЕМАРАЛ** зат. бот. <лат. ziziphora> *Емге пайдаланылатын, жуан тамырлы, көпжылдық дәрілік шөп.*

**КӨКЕМБАС** зат. жерг. *Шақша бас.*

**КӨКЕН** зат. бот. <лат. thymelaea > *Желісі жаңғақша тәрізді болып келетін, жапырақтары бүтін, қарама-қарсы орналасқан дәрілік қасиеті бар улы шөптесін өсімдіктер тұқымдасына жататын көпжылдық бұта ағашы.*

**КӨКЕНЕ** зат. жерг. *Ауыз үй.*

**КӨКЕТ** зат. анат. <лат. diaphragma> *Ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет.*

**КӨКЕТАЙ** зат. **1.** *Еркелету мәнінде айтылатын атауыш.* **2.** *Жалыныш мәнінде қолданылатын атауыш.*

**КӨКЕТАЙЛА=** ет. *Көкетай деп жалынып-жалбарыну.*

**КӨКЕТАЙЛАУ** *Көкетайла етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКЕШ** зат. **1.** *Еркелету мәнінде айтылатын атауыш.* **2.** *Құрметтеу, сыйлау мәнінде айтылатын атауыш.* **3.** *Жалынып-жалбарыну мәнінде айтылатын атауыш.*

**КӨКЖАҒЫС** зат. этн. *Егістегі дән қылтиып, қауыз жара бастаған кезде өткізілетін жаңа өсіп келе жатқан дәнге тіл-көз тимеуі және алуан түрлі пәле-жала жабысудан сақтайды деген сенімді білдіретін егіншілік ғұрыптар санатындағы құрбандық шараларының бірі [жұма күні егіс басына ауылдың ақсақалдары мен диқандар жиналып, құрбандыққа мал шалады; құрбан малының терісі мен бас сүйегін егістік басына іліп қойса, зиянды күштерді егіс алқабынан жоламайды деп сенген; көбінесе, қой мен жылқы шалынады; мал шалуға мүмкіндік болмаған жағдайда сүтке пісірілген шелпек таратылады; дұға оқып, бата беріледі].*

**КӨКЖАЛ** зат **1.** *Қасқырдың арланы.* **2.** ауыс. *Өзгелерден өктем, бет қаратпас, озбыр адам.*

**Көкжал бөрідей**. *Көкжал бөрі секілді озбыр, қайсар.*

**КӨКЖАЛБЫЗ** зат. өс. <лат. nepeta> *Биіктігі 27–32 см болып келетін, майда бозғылт түк басқан жапырақтары бар көпжылдық дәрілік өсімдік.*

**КӨКЖАЛДАЙ** сын. *Көкжал тәрізді, көкжал сияқты.*

**КӨКЖАЛДЫҚ** зат. *Озбырлық, өктемдік, азулылық.*

**КӨКЖАУЛЫҚ** зат. өс. <лат. veronica > *Сабынкөк тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**КӨКЖЕЛЕҢ** зат. спорт. *Спорт алаңының бетін жапқан қолдан өсірілген көкшөп.*

**КӨКЖЕЛІК** зат. **1.** *Малдың көктемде түлеген жүні.* **2.** *Көктемде түлеген мал.*

**КӨКЖЕНДЕТ** зат. **1.** *Қаршығаның қаз-үйректі, дуадақты т.б. баудай түсіретін, жайпап салатын түрі.* **2.** ауыс. *Жаудан беті қайтпайтын, тайсалмайтын жаужүрек жігіт.*

**КӨКЖИДЕК** <лат. vaccinium uliginosum> зат. өс. *Қоңыржай және суық белдеулерде өсетін итбүлдірген тұқымдас бұта.*

**КӨКЖИЕК** зат. <грек. horizont> *Көз ұшындағы жер мен көктің түйіскен жері.*

**Көкжиек көтерілді**. *Таң ата бастады, қараңғылық сейілді, таң сыз берді.*

**КӨКЖОН** зат. зоол. *Жоны көк болып келетін балықтың түрі.*

**КӨКЖОРҒА** зат. вет. *Түйе малында кездесетін ауру.*

**КӨКЖОТАЛАН=** ет. *Көгілдірлену; бұлттан арылу, ашылу.*

**КӨКЖӨРЕ** зат. зоол. <лат. gypaetus barbatus> *Тауларда мекендейтін басы ақшыл, тамағына таяу «сақалы» бар жыртқыш құс.*

**КӨКЖӨТЕЛ** зат. мед. <франц. cogueluche> *Тез таралатын, үсті-үстіне жөтелдіретін ауру қоздырғышы қысқа таяқша тәрізді бактерия болып келетін жұқпалы ауру.*

**КӨКЖӨТЕЛДЕЙ** сын. *Көкжөтел сияқты, көкжөтел тәрізді.*

**КӨКЖҰЛЫН** сын. *Артық еті жоқ, тарамыстанған (жылқы).*

**Көкжұлын болды.** *а) Арып-ашты, жадап-жүдеді, титықтады. ә) Қайсар, батыл болды.*

**КӨКЖІЛТІМ** сын. сөйл. ***Көкшілтім.***

**КӨКЗЕҢГІР** сын. *Мөлдір, көкшіл түсті.*

**КӨКЗЕҢГІРЛЕН =** ет. *Көкшіл тарту.*

**КӨКЗЕҢГІРЛЕНУ** *Көкзеңгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКЗЕР** зат. этн. *Күкірт бояуына салып дайындайтын, әбзелін жасауда, ер-тұрманды сәндеуде, терден жасалған үй-жиһаздары мен аяқ киімді әсемдеуде пайдаланылатын өңделген тері.*

**КӨКЗЫҒЫР: көкзығыр бүргесі.** зоол. <лат. aphthona cuphorbiae Schrank> *Ұзындығы 1,8–2 мм болатын көк түсті бүрге.*

**КӨКИ=** ет. *Мақтанып, масаттанып тұмсығын көкке тіреу, мұрнын шүйіру, кеуде көтеру.*

**КӨККЕПТЕР** зат. зоол. <лат. columba livia> *Бел тұсында ақ, қанатының үстінде көлденең екі қара жолағы бар асыранды кептердің түрі.*

**КӨККҮЛТЕ** зат. өс. *Тау беткейлерінде өсетін гүлді өсімдік.*

**КӨКҚАҒАЗ** зат. сөйл. *АҚШ долларының қарапайым сөйлеу тіліндегі атауы.*

**КӨКҚАЙЫС** зат. қолөнер. *Түйенің иленбеген шикі терісінен немесе өгіздің мойын терісінен тіліп алынған жіңішке қайыстан жасалған таспа.*

**КӨКҚАРҒА** зат. зоол. <лат. coracias garrulus> *Ағаш кеуегінде, қора-жайда мекендейтін көгілдір құстар табына жататын жыл құсы.*

**КӨКҚАРЫН** сын. **1.** *Бойына май бітпеген арық, жүдеу.* **2.** *Қуатты тамақты көп ішпегендіктен болатын жүдеушілік; қарны қабақтай, өзі арық.*

**КӨКҚАСҚА**[1] зат. **1.** этн. *Құрбандыққа сойылатын ерекше нышаны бар жылқы.* **2.** *Маңдайының қасқасы бар, қара көк түсті ат.*

**Көкқасқа айтты [айтысты]**. діни. *Ниет, тілектер орындалсын деген оймен құрбандық шалуға жылқы (мал) атады.*

**КӨКҚАСҚА**[2] зат. өс. *Бетеге тұқымдас шөп.*

**КӨКҚАСҚА**[3]: **көкқасқа бұлақ.** *Сайжырадан жарып аққан, таза мөлдір су көзі.*

**КӨКҚАУЫРСЫН** зат. саят. *Балапанның қарақанат кезінен кейінгі қанатының қатая бастаған кезеңі. // Жетілмеген, жас.*

**КӨККҰС** зат. **1.** зоол. <лат. myophonus coeruleus> *Орманды, аршалы алқапты мекендейтін қауырсыны қара көк, тұмсығы сары торғай отрядына жататын жыл құсы.* **2.** миф. <лат. myophonus coeruleus> *Ертедегі наным-сенім бойынша Көк Тәңірінің символы болып табылатын, күллі жер-жаһанды құрсаулап*

*жатқан Қап тауының ұшар басын мекендейтін жыл құсының мифтік бейнесі.*

**КӨКҚҰТАН** з а т. з о о л. <лат. ardea cinerea> *Қамысты тайыз суларда мекендейтін, ұзын сирақ көк түсті құс.*

**КӨКҚҰТАНДАЙ** с ы н. *Көкқұтан сияқты, көкқұтан тәрізді; сидиған, тырбиған.*

**КӨКҚҰТАНША** ү с т. *Көкқұтанға ұқсап, көкқұтан сияқты.*

**КӨКМИ** с ы н. *Түкке түсінбейтін, алжасқан, айтқан сөз басына қонбайтын, ессіз.*

**КӨКМИЛЫҚ** з а т. *Ақылсыздық, ессіздік.*

**КӨКМОЙНАҚ** з а т. **1.** *Адай жылқысының ерекше тұқымы.* **2.** а у ы с. *Мінезді, өз дегенінен қайтпайтын адам.*

**КӨКМОЙЫН** с ы н. **1.** *Әдемі, сұлу, көрікті.* **2.** *Ығыры шыққан, қажыған.* // с ө й л. *Арақ.*

**КӨКМОРАС** з а т. ө с. *Сүттіген тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКМҰЗ** з а т. г е о г р. *Тұман, жаңбырдың суықтан мұз болып қатуынан пайда болған қырау, көктайғақ.*

**КӨКМҰЗДАҚ** з а т. *Қар бетіне қатқан жұқа қабыршақ мұз.*

**КӨКМҰЗДАҚТАН=** е т. *Қар бетіне жұқа қабыршақ мұздың қатуы.*

**КӨКМҰЗДАҚТАНУ** *Көкмұздақтан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКМЫЛЖЫҢ** с ы н. *Көп сөйлейтін, сөзге құмар, сөзуар.*

**КӨКНАЙЗА** з а т. ж е р г. *Қара бидай.*

**КӨКНАРПАЗ** с ы н. *Көкнәрқұмар, көкнәршіл.*

**КӨКНАРШЫ** з а т. ***Көкнәрші.***

**КӨКНӘР** з а т. ө с. <лат. papaver> **1.** *Сүт тәрізді ақ шырышты, дәрілік, тағамдық, әсемдік үшін өсірілетін, жемісі домалақ көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Көкнәр өсімдігінің қауашағын қайнатқанда шығатын сөл.*

**Көкнәр тұқымдасы**. өс. <лат. papaveraceae> *Қос жарнақты шөптесін өсімдіктер.*

**КӨКНӘРШІ** з а т. *Көкнәр ішетін адам.*

**КӨКНӘРШІДЕЙ** с ы н. *Көкнәрші сияқты, көкнәрші тәрізді.*

**КӨКОРАЙ** з а т. *Қалың көкмайса, шөп, шалғын.*

**Көкорай шалғын.** *Көк майса, жайқалған шөп.*

**КӨКОРАЙЛАН=** е т. *Көк шалғынға бөлену.*

**КӨКОРАЙЛАНУ** *Көкорайлан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКОРАЙЛЫ** с ы н. *Көкмайсалы, көк шалғынды.*

**КӨКОТ** з а т. ө с. ***Көкұлпа.***

**КӨКӨЗЕК** з а т. э т н. *Қысқы азық таусылып, көктемдегі көк шалғынның өсіп, жетіле қоймаған кезі, жуанның ұзарып, ұзынның үзілуге шақ қалған кезі.*

**Көкөзек болды**. *Әбден ашықты, арыды, жүдеді.*

**КӨКӨНІС** з а т. *Тамаққа пайдаланылатын сәбіз, капуста, қызылша сияқты бақша дақылдарының жалпы атауы.*

**Көкөніс дақылдары**. *Көкөніс алу үшін өсірілетін өсімдіктер.* **Көкөніс шаруашылығы**. а) *Көкөніс өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының бір саласы.* ә) *Көкөніс дақылдарының биологиясын, көкөніс сапасын жақсартудың оның технологиясын зерттейтін ғылым.*

**КӨКӨРІМ** с ы н. **1.** *Жаңадан көктеген, көкпеңбек.* **2.** *Уылжыған жас, жасөспірім.*

**КӨКӨНІСТУРАҒЫШ** з а т. т а м а қ. *Көкөністерді әртүрлі пішінде кесіп, турайтын роторлы, дискілі пышақтары бар құрылғылар.*

**КӨКПАР** з а т. э т н. *Бауыздап, ішек-қарнын алған малды (көбіне ешкі, лақ) ат үстінде тартысатын ұлттық сайыс.*

**Көкпар болды**. *Әркімнің жұлқуында болды, сүйретпесі болды.* **Көкпарға түспеген**. *Күш сынаспаған, айтыс-тартысқа түспеген.* **Көкпар қылды.** *Әбден азаптады, қинады.* **Көкпар лағындай.** *Лып еткізіп, оп-оңай.* **Көкпар тартты**. э т н. *Ешкі, серке тартысып күш сынасты.* **Көкпар шапты.** э т н. а) *Көкпар тартты.* ә) *Додаға түсті.*

**КӨКПАРДАЙ** с ы н. *Көкпар сияқты, көкпар тәрізді.*

**КӨКПАРКЕШ** з а т. *Көкпаршы, көкпар тартатын адам.*

**КӨКПАРЛА=** е т. *Көкпар ету.*

**КӨКПАРЛАУ** *Көкпарла етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКПАРЛЫ** с ы н. э т н. *Көкпар тартып сайысатын.*

**КӨКПАРША** ү с т. *Көкпар сияқты, көкпарға ұқсап.*

**КӨКПАРШЫ** з а т. э т н. *Көкпар тартатын адам, көкпардың шебері.*

**КӨКПАРШЫЛ** с ы н. э т н. *Көкпарқұмар, көкпарды жақсы көретін.*

**КӨКПАРШЫЛА=** е т. *Көкпар іздеу, көкпардың соңына түсу.*

**КӨКПЕК** з а т. ө с. <лат. atriplex> *Шөлді жерде өсетін ащы, қатты шөп.*

**КӨКПЕКТЕН=** е т. *Көкпек басу.*

**КӨКПЕКТІ** с ы н. *Көкпек мол өскен, көкпегі көп жер.*

**КӨКПЕҢБЕК** с ы н. *Ашық көк, тым көк.*

**КӨКПЕРІЛІК** з а т. *Көкдолылық, буырқаныс, бұрқаныс.*

**КӨКСАБАҚ** с ы н. *Әлі пісіп жетілмеген, дүмбіл.*

**КӨКСАБАН: көксабан болды**. *Дән байламады, егін басына түк шықпады.*

**КӨКСАҒАЛ** с ы н. *Әлі пісіп жетілмеген, сарғыш тартқан (егін).*

**КӨКСАҒАЛДАУ** с ы н. *Шикілеу, әлі піспеген (егін).*

**КӨКСАҒЫЗ** з а т. ө с. <лат. taraxacum koksaghuz> *Гүлі сары түсті, тамырының қабығында сүт шырындас каучук талшықтары бар көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Көксағыз бақбағы.** ө с. <лат. taraxacum koksaghuz>. *Шалғынды, көгалды жерлерде, жол жиегінде өсетін биіктігі 4-30 см, сабағы қуыс, гүлдері қос жынысты, сары түсі болатын бақақ туысының кең тараған түрлерінің бірі.*

**КӨКСАҚАЛ** з а т. *Орта жастағы елдің сыйлы азаматтары.*

**КӨКСАЛ** з а т. с ө й л. ***Көксауыр.***

**КӨКСАЛДА=** е т. с ө й л. ***Көксауырла.***

**КӨКСАЛПАҚ** з а т. *Қар еріген кез, лайсаң шақ.*

**КӨКСАЛПАҢ** с ы н. *Лайлы, лайсаң.*

**КӨКСАРЫ** з а т. з о о л. <лат. buteo rufinus> *Шөлді жерде, кейде жазық дала мен тау баурайында кездесетін төбесі қошқыл қара, арқасы мен топшысы сарғыш, құйрығы көлденең қара жолақша болып келген жыртқыш құс.*

**КӨКСАУ** з а т. в е т. <лат. emphysema pulmonorum> *Тынысты тарылтып, тез ентіктіретін, көбінесе, жылқы малында ұшырасатын өкпе ауруының бір түрі.* // *Көп жөтелетін, өкпесін суық шалған.*

**КӨКСАУДАЙ** с ы н. *Көксау сияқты, көксау тәрізді.*

**КӨКСАУЛАН=** е т. *Көп жөтелу, көксауға айналу.*

**КӨКСАУЛАНУ** *Көксаулан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКСАУЛЫҚ** з а т. *Көксау болушылық, көп жөтелушілік.*

**КӨКСАУЫР** с ы н. *Көк бояуға боялған сапалы көн, былғары.*

**Көксауыр етік.** э т н. *Көксауырдан сәндеп пішілген соң жібек жіппен кестелеп, моншақ жүргізіп сәндейтін, күміс, жез шегелер қағып, қонышының әр жеріне түрлі көз тас қондырған өте қымбат әсіресе ауқаттылар мен сал-серілер көп киетін етік.*

**КӨКСАУЫРЛА=** е т. *Көксауыр былғарымен әшекейлеу, ою-өрнек салу.*

**КӨКСАУЫРЛАУ** *Көксауырла етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКСЕ[1]** с ы н. *Асқан, шарықтаған, керемет дарынды.*

**КӨКСЕ[2]=** е т. *Аңсау, арман ету.*

**Көксеген күнді көрді**. *Аңсаған күнге жетті, арманы орындалды.*

**КӨКСЕРЕК[1]** з а т. к ө н е. *Асыл, болат найза.*

**КӨКСЕРЕК[2]** з а т. э т н. *Ұлттық спорт ойындарының бір түрі.*

**КӨКСЕРЕК[3]** с ы н. *Жас қасқырлардың ең мықтысы.*

**КӨКСЕРКЕ** з а т. з о о л. <лат. stizostedion lucioperca> *Алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық.*

**КӨКСЕТ=** е т. *Аңсату, ынтызар ету.*

**КӨКСЕТУ** *Көксет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКСЕУ** *Көксе етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКСИЫР** з а т. э т н. *Ойыншылар санына шек қойылмайтын балалардың дәстүрлі ойыны.*

**КӨКСОҚҚАН** с ы н. *Құдайұрған, бұзақы, тентек.*

**КӨКСОҚТА** з а т. **1.** *Қар еріп, жердің жүйесі босап, тоңы жібіп жатқан кез.* **2.** *Ылғалданып, нығыздалып қатқан қар.*

**Көксоқта болды**. *Қар қатты еріп, қарлы су жинала бастады.*

**КӨКСОҚТАЛАН=** е т. *Былжырап еру, сулану.*

**КӨКСОҚТАЛАНУ** *Көксоқталан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКСОҚТАЛЫ** с ы н. *Көксоқтасы шыққан.*

**КӨКСОЛЫҚ** с ы н. *Жете піспеген, шикілеу, дүмбіл.*

**КӨКСУЫР** з а т. з о о л. <лат. marmota menzbieri> *Кеміргіштер тобына жататын тиін тәрізділер тұқымдасының өкілі болатын сүтқоректі.*

**КӨКСҰЛТАН** з а т. ө с. *Бойы 3-4 метрге дейін өсетін, жемісі ірі болатын, алшаның бір түрі.*

**КӨКСҮҢГІ[1]** з а т. э т н. *Асыл, берік, мықты найза, батырлар бес қаруының бірі.*

**КӨКСҮҢГІ[2]** з а т. *Жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қатқан кез.*

**КӨКСҮҢГІДЕЙ** с ы н. б е й н. *Болаттай, берік, көксүңгі сияқты.*

**КӨКСІ=** е т. *Үшу, түлеп ұшу.*

**КӨКСІЗ** с ы н. *Жеміс-жидексіз, көкөніссіз.*

**КӨКСІЛ** з а т. **1.** *Алғыр қыран.* **2.** а у ы с. *Қажымас, қайсар адам.*

**КӨКСІЛДЕЙ** с ы н. *Көксіл сияқты, көксіл тәрізді.*

**КӨКСІМ** с ы н. *Көктулақ, сіліміктік.*

**КӨКСІРЕ =** е т. *Көк жегісі келу, көкке құмарту.*

**КӨКСІРЕУ** з а т. *Тұтасқан қалың мұз.*

**КӨКСІТ=** е т. *Бір нәрсенің шетін шығарып сөйлеу.*

**КӨКТАБАН** з а т. э т н. *Тәйке жағына қорғасын құйылған асық, сақа.*

**КӨКТАЙҒАҚ** з а т. *Жердің жалтыр мұз жамылып, жауын-шашыннан, қардан кейінгі суықтан болған жылтыр сырғанақ.*

**КӨКТАЙЫНША** з а т. э т н. *Атжарыста көмбеге ең соңы болып шауып келген атқа тағайындалған сый түрі.*

**КӨКТАЛ** з а т. ө с. <лат. salix coerulea> *Биіктігі шамамен 6-16 метрдей болатын күңгірт жасыл бұта тектес ағаш.*

**КӨКТАЛАҚ** з а т. в е т. *Түйе желінін ісіндіріп, талақ секілді көгертіп жіберетін ауру.*

**КӨКТАЛҚАН** з а т. *Көктемгі көкөзек кезде әкем көк талқанға іліксек өлмейміз деп, бізді жұбатып, армандап отырады.*

**КӨКТАМЫР** з а т. а н а т. <лат. vena> *Адам және жануар ағзаларының қанды мүшелер жүйесінен жүрекке келетін қан тамыры.*

**Көктамыр қақпақшасы**. а н а т. <лат. valvula venosae> *Қанды бір бағытқа қарай айдайтын талшықты борпылдақ дәнекер ұлпа.*

**КӨКТАМЫРЛАН=** *Арып-азғаннан денесінде тамырларының көгеріп көрініп қалуы, жүдеп-жадау.*

**КӨКТАМЫРЛАНУ** *Көктамырлан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКТАМЫРША** з а т . а н а т . <лат. venula> *Кіші қан айналымының қылтамырларымен түзілетін, жұқа қабырғалы ұсақ қантамыры.*

**КӨКТАС**[1] з а т . *Көмір қышқылды, мыс тұзынан құралған ашық жасыл түсті минерал (малахит).*

**КӨКТАС**[2] з а т . *Қайтыс болған адамның басына қойылатын құлпытас.*

**КӨКТЕ**[1]**=** е т . **1.** *Көгеріп, шөп шығу.* **2.** а у ы с . *Өсіп-өркендеу, өну.*

**КӨКТЕ**[2]**=** е т . **1.** *Әр жерден бір іліп, сирек етіп тігу.* **2.** *Керегенің көгін қайыс таспамен бекіту.* **3.** а у ы с . *Турасынан кешу, көлденеңнен өту.*

**КӨКТЕГІШ** с ы н . *Тез көктеп кеткіш, көктеуге бейім.*

**КӨКТЕГІШТІК** з а т . *Тез көктеп кеткіштік.*

**КӨКТЕЙ**[1] с ы н . *Көк сияқты, аспандай, зеңгір.*

**КӨКТЕЙ**[2] ү с т . **1.** *Көк күйінде, жаңадан шығып келе жатқан.* **2.** *Шикідей, пісіп жетілмеген күйінде.*

**Көктей орылды.** *Тым жастай кетті, мерт болды.* **Көктей өтті.** *Басып-жаншып кесіп өтті, тікесінен тұзу тартты.* **Көктей сол [солғыр]** қ а р ғ . *Қыршыныңнан қиылғыр, жастай өсіп-өнбей қал, көктеп көгермегір.* **Көктей солды [қиылды, орылды]**. *Жас кетті, қыршынынан қиылды.*

**КӨКТЕКЕ** з а т . з о о л . <лат. sittidae> *Тұмсығы ұзынша, ұшкір, құйрығы шолақтау келген көктеке тұқымдасына жататын сайрауық құс.*

**КӨКТЕМ** з а т . *Қыстан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі (наурыз, сәуір, мамыр).*

**Көктем жанаргүлі.** ө с . <лат. adonis vernalis> *Биіктігі 10-40 см, сәуір-мамыр айларында гүлдейтін жанаргүлдің ең көп тараған түрі.* **Көктемнің самал желіндей.** п о э т . *Алып-ұшқан көңіл.* **Көктем шықты.** *Қыс кетіп, қар еріді, жер көктей бастаған мезгіл келді.*

**КӨКТЕМГІ** с ы н . *Көктем кезіндегі.*

**Көктемгі жанаргүл**. ө с . <лат. adonis vernalis> *Биіктігі 12-40 см болатын, шөп сабақтас, көпжылдық өсімдік.* **Көктемгі капуста шыбыны.** з о о л . <лат. hylemyia brassicae> *Еркегі күл түстес, жотасында жалпақ үш жолағы және құрсағында жалпақ қара жолағы бар шыбын тұқымдасына жататын жәндік.* **Көктемгі шуақ.** *Көктем мезгілінде түсетін күн сәулесі.*

**КӨКТЕМДЕЙ** с ы н . *Көктем сияқты, көктем тәрізді.*

**КӨКТЕМДІК** з а т . *Көктемде көшіп-қонып жүретін жер.*

**Көктемдік біржылдық өсімдік**. б о т . *Жазғытұрым қысқа мерзімде өсіп-өнетін өсімдіктер.*

**КӨКТЕМЕ**[1] з а т . с ө й л . ***Көктем.***

**Көктеменің көгіндей**. *Көктемгі құлпырған көгал секілді, жасарған.*

**КӨКТЕМЕ**[2] с ы н . *Топсалап жалғастырған.*

**Көктеме білезік** э т н . қ о л ө н е р . *Ортасын топсалап жасаған білезік.*

**КӨКТЕМСІЗ** с ы н . *Көктем келмей, көктем шықпай-ақ.*

**КӨКТЕМШЕ** ү с т . *Көктем сияқты, көктемдегідей.*

**КӨКТЕМШІЛ** с ы н . *Көктемді жақсы көретін, көктемқұмар.*

**КӨКТЕН=** е т . *Көк түске айналу, көк болып көріну.*

**КӨКТЕНУ** *Көктен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКТЕРЕК** з а т . б о т . <лат. populus tremula> *Биіктігі шамамен 35 метрдей болатын бұтақты ағаш.*

**КӨКТЕС**[1] с ы н . *Көктеуі бір, бір-бірімен тығыз байланысты.*

**КӨКТЕС**[3] с ы н . ж е р г . *Ұқсас, сәйкес.*

**КӨКТЕС**[2]**=** е т . *Әр жерден іліп тігісу.*

**КӨКТЕСТІР=** е т . б е й н е . *Құрау, байланыстыру.*

**КӨКТЕСТІРУ** *Көктестір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКТЕСУ** *Көктес етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКТЕСІН** з а т . *Көгал шыққан, көгерген жер.*

**КӨКТЕТ=** е т . **1.** *Өсіру.* **2.** а у ы с . *Өркен дету, дамыту.*

**КӨКТЕТУ** *Көктет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКТЕУ**[1] з а т . *Көктемдегі жайылым, көктемде көшіп шығатын аймақ.*

**КӨКТЕУ**[2] з а т . *Жазының жондығын, шыбығын, етегін реттеп ұстап тұру үшін тігілген жуан жіп.*

**КӨКТЕУ**[3] *Көкте етістігінің қимыл атауы; әр жерден бір іліп сирек етіп тігу.*

**КӨКТЕУ**[4] *Көкте етістігінің қимыл атауы; өсімдіктің алғашқы өсіп-өнуі, ағаштың бүр жаруы.*

**КӨКТЕУЛІ** с ы н . *Көктеу салынған, көктелген.*

**КӨКТЕУЛІК** з а т . *Көктем кезінде мал жаятын жер.*

**КӨКТОРҒАЙ** з а т . з о о л . <лат. merops superciliosus> *Көкқарға отрядының бір түрі, басы, арқасы, бауыры, қанатының үсті көк жасыл болып келетін құс.*

**КӨКТӨБЕТ** з а т . ө с . *Дәрілік улы қасиеті бар, маңқа ауруына қарсы қолданылатын шөп.*

**КӨКТУЛАҚ** с ы н . *Көксім, сілілетік.*

**КӨКТҰҚЫЛ** с ы н . *Көсе, сақал шықпайтын.*

**КӨКТҰМСЫҚ** з а т . с а я т . *Тұмсығы мен тұяғының көбелері көк түсті болып келген, құсбегілер арасында ерекше бағаланатын қыран құс.*

**КӨКТҮБІТ**[1] з а т . с а я т . *Алты жастағы бүркіт.*

**КӨКТҮБІТ**[2] з а т . с а я т . *Құстың жүндері мен мамық талшықтарының түбінде баданасында пайда болған сұйық заттар қатып, құстың денесіне батып, қадалып ауырта беретін күйдегі дұрыс түлемеген құста кезігетін ауру.*

**КӨКТҮЙНЕК**[1] з а т . в е т . *Іші бүріп ауыртатын мал ауруы.*

**КӨКТҮЙНЕК**[2] с ы н . *Пісіп жетілмеген, кәмек.*

**Көктүйнек келгір.** қ а р ғ . *Көк түйнекпен ауырсаң еді деген мағынадағы қарғау мәнді сөзқолданыс.*

**КӨКТЫШҚАҚ** з а т . в е т . *Төрт түлік мал оттығa бастаған кездерде шығатын ауру.*

**КӨКТІК** з а т . **1.** *Көк түсті бояу.* **2.** а у ы с . *Ызақорлық, долылық.*

**КӨКТІЛІ** с ы н . *Көк түс аралас.*

**КӨКҰЛАР** з а т . з о о л . *Тауық тәрізділер отряды, қырғауылдар тұқымдасына жататын құс.*

**КӨКҰЛПА** з а т . ө с . *Басы ұлпа бас, гүлі көк түсті, көпжылдық, шөптесін өсімдік.*

**КӨКҮЙЕК** с ы н . *Көгеріп жайнаған, құлпырған.*

**КӨКШАҒЫР** з а т . ө с . <лат. artemisia marschalliana> *Жусан тұқымдас шөптесін өсімдік.*

**КӨКШАЙ** з а т . *Шөлді тез басу үшін ішілетін шайдың түрі.*

**КӨКШЕ**[1] з а т . г е о л . <лат. abramis ballerus> *Көгілдір түсті, орташа салмағы 600 грамға жететін балық.*

**КӨКШЕ**[2] з а т . м е д . *Буынға түсетін құрт ауруы.*

**КӨКШЕ**[3] с ы н . *Көгілдір тартқан, көкшіл.*

**Көкше [көк] мұз.** *Қалың, сіресе қатқан жалтыр мұз.*

**КӨКШЕГҮЛ** з а т . ө с . <лат. polemonium> *Маусым-шілде айларында гүлдейтін көпжылдық өсімдік.*

**КӨКШЕШЕК**[1] з а т . ө с . <лат. echium> *Мал жемейтін, бірақ омарта шаруашылығы үшін маңызы зор, екі жылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨКШЕШЕК**[2] з а т . **1.** *Денені қаптап кететін іріңді бөртпе, қызамықтың асқынған түрі.* **2.** *Ұрысқан кезде балаларға айтылатын зілсіз қаратпа.* **3.** з а т . *Сыртқа біліне келе жатқанда шешек гүлі тегіс төгілмей, көкшілденіп қатып қалған шешек, ауру.*

**КӨКШИ=** е т . *Көкшілдену, көгеру.*

**КӨКШИЮ** *Көкши етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКШОЛАҚ** з а т . ө с . *Жайылымдық шөп.*

**КӨКШУЛАН**[1] с ы н . **1.** *Көкшіл тартқан, бурыл. // Бурыл, көкшілдеу қасқыр.* **2.** а у ы с . *Тіс қаққан, айлалы.*

**КӨКШЫБЫН** з а т . **1.** *Етке қонғанда тез құрт тастайтын, тез ұшатын, үлкен, көк түсті шыбын.* **2.** з о о л . <лат. calliphoridae> *Қос қанатты жәндіктердің бір тұқымдасы, түрқы 5-15 мм, жасыл не көк жылтыр.*

**КӨКШІЛ** с ы н . *Ашық көк, көгілдір. // Көгілдір, ашық көк түрі.*

**Көкшіл күлгін**. *Бозғылт көк.*

**КӨКШІЛДЕН=** е т . *Көкшіл тарту.*

**КӨКШІЛДЕНУ** *Көкшілден етістігінің қимыл атауы; көкшіл тарту.*

**КӨКШІЛДЕУ** с ы н . *Көкке жақын, көгілдір, көк түстес.*

**КӨКШІЛ-ҚОҢЫР** с ы н . *Көкшілдеу, көкшіл реңі елес беретін, бірақ негізгі өңі қоңыр түс.*

**КӨКШІЛТІМ** с ы н . *Көкшіл тартқан, көгілдір.*

**КӨКШІН** з а т . *Көкөніс.*

**КӨКУ** *Көкі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКІ** = е т . *Әр нәрсені бір шатып-бөсу, мақтану.*

**КӨКІГІШ** с ы н . *Әр нәрсені бір шатып-бұтып бөскіш, масаттанып лепіргіш. // Бөскіш, лепіргіш адам.*

**КӨКІЛ** з а т . *Ау тоқуға арналған, фабрикада дайындалған жіп.*

**Көкіл ау**. ж е р г . *Тордың әлі ау жасамай тұрғандағы дайын түрі.*

**КӨКІЛДЕ=** е т . *Бекер, бос сөйлей беру.*

**КӨКІЛТАШ** з а т . к ө н е . э т н . *Хансұлтандардың мұрагерін тәрбиелеуші.*

**КӨКІМЕ** с ы н . *Бөсіп сөйлей беретін, мылжың.*

**КӨКІР**[1] з а т . к ө н е . *Сусын ішетін саптаяқ.*

**КӨКІР**[2] с ы н . с ө й л . *Жексұрын, сүйкімсіз.*

**КӨКІРЕК** з а т . а н а т . <лат. pectus>. **1.** *Адамның немесе жануардың мойнынан бастап қарнына дейінгі денесінің алдыңғы бөлігі.* **2.** *Омырау тұс, кеуде.* **3.** а у ы с . *Көңіл, көкей.* **4.** а у ы с . *Ақыл, сана-сезім.* **5.** а у ы с . *Менмендік, өзімшілдік, кеудемсоқтық.*

**Көкірегі ашық**. *Білімді, саналы, оқыған, сауатты, ой-өрісі кең.* **Көкірегі ашылды**. *Көңілі сергіді, тынысы кеңейді, жадырады.* **Көкірегі байлаулы**. *Көңілі бір нәрсеге орнығып, қорытындыға келген, алаңсыз беріле ден қойған.* **Көкірегі бітелді**. *Айтар сөзін айта алмады, тартыншақтады.* **Көкірегі бітеу**. *Білімсіз, надан, ештеңенің мәнін түсінбейтін.* **Көкірегі даңғыл**. *Ойы анық, айқындалған.* **Көкірегі дария**. *Ақылы мол, ойлы.* **Көкірегі жарылды**. *Қатты қайғырып, күйінді.* **Көкірегі жаулы өссін**. к ө н е . т і л е к . *Ержүрек болсын, дұшпанға қаһарлы болсын.* **Көкірегі жүйрік**. *Сезімтал, түсінігі мол, ойы ұшқыр.* **Көкірегі жылады**. *Ет жүрегі езілді, егілді.* **Көкірегі кең**. *Кеңпейілді, дарқан.* **Көкірегі көзді [көкірегінің көзі бар].** *Көзі ашық, зерделі, сезімтал.* **Көкірегі көтеріңкі**. *Көңілді, қуанышты.* **Көкірегі күйге толды**. *Көңілденді, көңілі қуанышқа бөленді.* **Көкірегі қайғылы, көзі жасты.** *Қам көңіл, мұңды.* **Көкірегі қара**. *Надан, топас.* **Көкірегі қара майдан**. *Ішінде жаман ойы бір-бірімен таласқан, ойы арам, қара ниетті.* **Көкірегі қарау.** *Жан-дүниесі арам, қаранияет.* **Көкірегі қарс айырылды**. *Уайымдады, қайғырып-күйінді.* **Көкірегін ашты**. б е й н е . *Кеудесін айқара ашты.* **Көкірегін басты.** *Көңілін басты, бетін қайтарды.* **Көкірегін [ешкімге] бастырмады**. *Ешкімнің сөзін басынан асырмады, бағынбады.* **Көкірегінде жазулы**. *Ойда бар, есінде сақтаулы.*

**Көкірегінде желі бар [көкірегі желсіз емес]**. *Көңілі көтеріңкі, мақтан құмар.* **Көкірегінде оты бар**. *Саналы, еті тірі, жігерлі.* **Көкірегінде сайрады**. *Ойға анық, көңілге айқын байқады.* **Көкірегіне [кеудесіне] кек қатты.** *Кектенді, өшікті, тісін қайрады.* **Көкірегіне кірмеді**. *Айтқанды түсінбеді, санасына дарымады.* **Көкірегіне қонды.** а) *Көңіліне ұнады, ойына дәл келді.* ә) *Ұқты, түсінді, зердесіне ұялады.* **Көкірегіне құйды.** *Ойына тоқыды, зердесіне түйді, түсініп ұғынды.* **Көкірегіне [кеудеге] мұң [қайғы] толды.** *Уайым-қайғы басты.* **Көкірегіне нан [көже] пісті**. *Өзін жоғары санап, өз-өзінен ісініп-кебінді, мақтанды.* **Көкірегінен орын тепті**. б е й н е. *Көңіліне ұялады.* **Көкірегіне от жандырды.** *Сезімін оятып, көңілін көтерді, үміт ұялатты.* **Көкірегіне сыймады [қалай сыяды].** *Бәрін қабылдап, бәрін ішіне сақтап жүре алмады.* **Көкірегіне тоқыды [түйді]**. *Есте мықтап сақтады, зердесіне тоқыды, ұғып алды.* **Көкірегіне ұялады**. *Көңіліне қонды, есінде қалды.* **Көкірегіне үміт толды.** *Болашаққа деген арман тілегі, сенімі артты.* **Көкірегіне шер толды.** *Қайғыға батты, шерленді.* **Көкірегін кере ашты.** п о э т . *Кеңінен, терең дем алды, рақаттанды.* **Көкірегін керді.** *Менменсіді, шіренді, кеудесін көтерді.* **Көкірегін күйдірді [өртеді]**. *Ішін удай ашытты, қайғыртты.* **Көкірегін [кеудесін] оққа төседі.** *Жанын құрбан етті.* **Көкірегі нұрға толды**. *Ақылы асты, санасы артты, көзі ашылды.* **Көкірегінің көзі бар [болды]**. *Саналы, зерделі.* **Көкірегі ояу**. а) *Ұйқыға кетпеген, ұйықтамаған.* ә) *Жақсы-жаманды түсіне білетін, сауатты, саналы.* б) *Зерделі, сезімтал.* **Көкірегі таза.** *Ниеті ақ, көңілі ашық.* **Көкірегі тасыды**. *Көңілі көтерілді, шаттанды.* **Көкірегі тар.** *Өрісі тар, мешеу.***Көкірегі шайдай ашылды.** а) *Көңілі көтерілді, денесі сергіді.* ә) *Ақыл-есі кірді, санасы оянды.* **Көкірегі шат болды**. *Қуанды, көңілденді, мәз-мәйрам болды.* **Көкірегі шерге толды**. *Қайғырды, уайымға салынды, қасірет шекті.* **Көкірегі шерлі**. *Көңілі қайғылы, қасіретті, мұңды.* **Көкірегі тарылды.** *Ыза кернеді, ішқұса болды.* **Көкірек ауру**. м е д . ***Өкпе ауруы*** *(туберкулез).* **Көкірек ашты**. *Көңілі сергіді, тынысы кеңіп, жадырады.* **Көкірек бітті**. *Менмендік пайда болды, менменсіді.* **Көкірек жасушасы [клеткасы]**. а н а т. *12 пар қабырға мен қабырға шеміршектері және төс сүйектері.* **Көкірек жүзбеқанаттар.** з о о л . *Балықтың екі бүйірінде, желбезек саңылауларының артқы жағына өте жақын орналасқан жұп жүзбе қанаты.* **Көкірекке дем берді**. *Бойын жеңілдетті, ойын сергітті, көңілге қуат, бойға күш берді.* **Көкірекке оралды.** *Ойға келді, еске түсті.* **Көкірекке орнады**. б е й н. *Сезімін баурады, жан-дүниесін жайлады.* **Көкірек керу**. *Өр көкіректену, менменсу, тәкаппарлану.* **Көкірекке түсірді.** *Түйді, ой түйді, ой тоқыды, парықтады.* **Көкірек көрсетті**. *Менмендік мінез білдірді, дандайсыды.* **Көкірек көтерді**. а) *Ел қатарына қосылды, еңсесін көтерді.* ә) *Мақтанып, дандайсыды.* **Көкірек қағу**. *Паңдану, тәкаппарлану.* **Көкірек қақты**. *Паңсынды, тәкаппарланды.* **Көкірек қуысы**. а н а т . <лат. cavum thoracis> *Жүрек, өкпе сияқты тіршілік үшін өте маңызды ағзаларды қоршап тұратын орын; кеуденің ішкі бөлігі.* **Көкірек маңқа**. з а т . с а я т . *Отыратын орнының ластығынан, жеген жемінің жайсыздығынан болатын саят құстарының ауруы.* **Көкірек сарайы.** б е й н е. *Көңіл күйі, ішкі дүниесі.* **Көкіректе қаяу жоқ**. *Көңілі таза, арамдығы жоқ, адал.* **Көкіректе нала жатыр.** *Көңілі мұңға, шерге толы, қапалы.* **Көкіректе сайрады**. *Ойында түгел сақталған, бәрі көз алдында.* **Көкіректе ұстады**. *Есте сақтады, зердесіне түйді.* **Көкіректі қарс айырды**. *Уайымға батырды, қайғыртты.*

**КӨКІРЕККӨЗ** з а т . *Ой, сана-сезім.*

**Көкіреккөзі ашық**. *Зерделі, ойлы, ақылды.* **Көкіреккөзі ашылды**. *Сана-сезімі оянды, түсінігі молайды.*

**КӨКІРЕКСУ** *Көкіreксі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКІРЕКСІ=** е т . *Кеудесін көтеру, дандайсу.*

**КӨКІРЕКСІЗ** с ы н . *Еш нәрсені сезбейтін, жетесіз.*

**КӨКІРЕКСІН=** е т . *Дандайсу, көкірек керу.*

**КӨКІРЕКСІНУ** *Көкірексін етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКІРЕКТЕ=** е т . *Күшке салу, өзгеру.*

**КӨКІРЕКТЕН=** е т . *Дандайсып, көкірегін көтеру.*

**КӨКІРЕКТЕНУ** *Көкіректен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКІРЕКТЕУ**[1] с ы н . *Менмендеу, тәкаппарлау.*

**КӨКІРЕКТЕУ**[2] *Көкіректе етістігінің қимыл атауы.*

**КӨКІРЕКТІ** с ы н . **1.** *Кең кеуделі.* **2.** а у ы с . *Көзі ашық, есті, тәжірибелі.*

**КӨКІРЕКТІК** с ы н . *Менмендік, тәкаппарлық, зорлық.*

**КӨКІРЕКШЕ** з а т . э т н . **1.** *Кәстөм т.б. сырт киімдердің ішінен киетін, жағасы мен жеңі жоқ киім.* **2.** *Мақта салмай, астарлап тігілген қыздардың жаз айларында көйлек сыртынан киетін жеңі жоқ, қысқа, жеңіл киімі, желетке.* **3.** *Ішіне жүн салып, астарлап тігілген, жағасы мен жеңі жоқ киім кеудеше.*

**КӨКІРЕКШІЛ** с ы н . *Өзімшіл, менмен, тәкаппар.*

**КӨКІТ=** е т . *Дандайсытып, сөйлетіп қою, еркіне жіберу.*

**КӨКІТУ** *Көкіт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛ** з а т . *Айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен су айдыны.* // *Мол, көп, аста-төк.*

**Көл ағындысы**. с у ш а р . *Көлден ағып шыққан өзен.* **Көл батпағы.** г е о г р . *Пайда болуына қарай аталатын батпақ, ой батпағының бір түрі.* **Көлге біткен құрақтай.** ф о л ь к . п о э т . *Ұзынша, сидаң [жүйрік аттың дене бітімін, соның ішінде құлағын суреттеуде қолданылатын өрнекті сөз айшығы].* **Көл иесі Қамбар.** м и ф . к ө н е . *Жер-судың, таудың, шөлдің, көлдің иесі, сондағы жан-жануарларды желеп-жебеп жүретін пірі.* **Көл террасасы**. г е о л . *Соқпа толқын тегістеген көл жағаларындағы алаң.* **Көл шайқады.** б е й н е. *Дәурен сүрді, дүниені белшесінен көлбей басып, қызықтады.* **Көл шөгіндісі**. с у ш а р . *Көл түбіне тас, құм, саз балшықтардың шөгуімен пайда болған органикалық немесе химиялық материалдардан құралған шөгінді.* **Көл шұңқыры**. с у ш а р . *Көл суы жиылатын жер бетінің ойысы.* **Көлінен құсы ұшты**. *Сәні кетті, құты қашты.*

**КӨЛБАҚА** з а т . **1.** *Қоңырқай, жасыл түсті үстінде күңгірт дақтары бар бақа.* **2.** з о о л . <лат. rana ridibunda> *Құйрықсыздар отряды, бақа тұқымдасына жататын түрі.*

**КӨЛБАҚАДАЙ** с ы н . *Көлбақа сияқты, көлбақа тәрізді.*

**КӨЛБАҚАША** ү с т . *Көлбақаға ұқсап, көлбақа сияқты.*

**КӨЛБАР** з а т . э т н. *Мойынға асып жүретін қалта, көннен тігілген дорба.*

**КӨЛБЕ=** е т . **1.** *Бір жамбастай қисаю, жантаю.* **2.** *Көп жерді алып созылу.*

**КӨЛБЕГЕЙЛЕ=** е т . *Күн нұрынан, сәуледен қалқалау, көлеңкелеу.*

**КӨЛБЕГЕЙЛЕУ** *Көлбегейле етістігінің қимыл атауы; қалқалау.*

**КӨЛБЕК** з а т . *Көлбең, көлбеңдеген жүріс.*

**Көлбек қақты.** а) *Көлбеу-көлбеу етті, көлбеңдеді.* ә) *Аспай-саспай жүрді.*

**КӨЛБЕКТЕ=** е т . **1.** *Қолайсыз қимылдау, ебедейсіз әрекет жасау.* **2.** *Көлбек-көлбек етіп көзге түсу.*

**КӨЛБЕКТЕТ=** е т . *Ебедейсіз, ыңғайсыз әрекет жасату.*

**КӨЛБЕКТЕТУ** *Көлбектет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕЛЕКТЕ=** е т . *Көлбең-көлбең ету, қалықтау.*

**КӨЛБЕЛЕҢДЕ=** е т . *Көлбең-көлбең етіп көріну.*

**КӨЛБЕЛЕҢДЕУ** *Көлбелеңдеу етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕМЕ** з а т . г е о л . *Нақтылы тау-жыныс массаларының көлбеу жазықтық бетімен ондаған, тіпті жүздеген километрге жылжып кетуімен сипатталатын бастырма.*

**КӨЛБЕҢ** е л і к . *Екі жаққа кезекпе-кезек толқындаңып ырғатыла қозғалған қимылды, бір ырғақпен майысып жүруді, етектің желбеңдеуін бейнелейтін сөз.*

**Көлбең қақты [етті]**. а) *Көлбеңдеді, көлбең-көлбең етті, өзін еркін ұстады.* ә) *Елестеді, көз алдына келді.*

**КӨЛБЕҢДЕ=** е т . **1.** *Көлбең-көлбең ету, әрлі-берлі жүру, қозғалу.* **2.** *Еске түсу, көз алдынан өту, елестеу.*

**КӨЛБЕҢДЕТ=** е т . *Әрі-бері жүргізу, ырғату, тербету.*

**КӨЛБЕҢДЕТУ** *Көлбеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕҢДЕУ** *Көлбеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕҢКІ** с ы н . *Көлбей жайылған, бір жағына қарай майысқан.*

**КӨЛБЕТ=** е т . **1.** *Құлату, қисайту.* **2.** *Сұлату, жайрату.*

**КӨЛБЕТУ** *Көлбет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕТІЛ=** е т . *Көлбеңдеу.*

**КӨЛБЕТІЛУ** *Көлбетіл етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕУ**[1] с ы н . *Көлбеңкі, сұлама, еңкіш.* // *Көлбей жатқан жер, орын.*

**Көлбеу қашықтық**. ә с к . *Тік зеңбіректен әуедегі нысанаға дейінгі негұрлым қысқа қашықтық.* **Көлбеу тірлік.** *Жайбарақат, бірқалыпты тіршілік.*

**КӨЛБЕУ** *Көлбе етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕУЛЕН=** е т . *Көлденең түсіп жату, созылу.*

**КӨЛБЕУЛЕНУ** *Көлбеулен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБЕУЛІК** з а т . г е о м . *Көлбей түскен қиғаштық.*

**КӨЛБЕУІТ** з а т . *Өзеннің адам, мал кешіп өтетін көлбей түскен жері.*

**КӨЛБІ=** е т . *Шұбатыла қалқу, сағымдану, бұлдырлану.*

**КӨЛБІРЕ=** е т . *Үлбіреу.*

**КӨЛБІРЕТ=** е т . *Үлбірет.*

**КӨЛБІРЕТУ** *Көлбірет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБІРЕУ** *Көлбіре етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБІРСУ** *Көлбірсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛБІРСІ=** е т . *Ақ пейілді болып көріну, адал адамсыну.*

**КӨЛГЕКТЕ=** е т . *Бұлталаққа салу, жал тару.*

**КӨЛГЕКТЕУ** *Көлгекте етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛГЕЛЕ=** е т . с ө й л . ***Көлегейлеу.***

**КӨЛГЕЛЕУ** *Көлгеле етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛГІР** с ы н . *Мүләйім.* // *Мүләйім адам.*

**Көлгір көз**. *Ойнақы, сиқырлы көз.* **Көлгір күлкі**. *Мысқылды, кекесін күлкі.***Көлгір сөз.** *Жуып-шайған, мүләйім өтірік сөз.*

**КӨЛГІРЛЕН=** е т . *Мүләйімсу, қулық сақтау.*

**КӨЛГІРЛЕНУ** *Көлгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛГІРЛІК** з а т . **1.** *Бір нәрсені біліп тұрып білмеген болушылық, мүләйімсушілік.* **2.** п е д . *Жеке тұлғаның жағымсыз моральдық қасиеті.*

**Көлгірлікке салды.** *Көлгірсіді, мүләйімсіді.*

**КӨЛГІРСУ** *Көлгірсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛГІРСУШІЛІК** зат. *Жасанды қылық көрсетушілік.*

**КӨЛГІРСІ=** ет. *Жасанды қылық көрсету, мүләйімсу.*

**КӨЛ-ДАРИЯ** зат. *Телегей-теңіз су. // Мол, ағыл-тегіл.*

**Көл-дария болды.** *Жер бетін алып кетті, су-су болды (ақтарылған, төгілген су, сұйық зат туралы).*

**КӨЛ-ДАРИЯДАЙ** сын. *Көл-дария секілді мол, ағыл-тегіл.*

**КӨЛДЕ=** ет. **1.** *Судың, сұйықтықтың т.б. бір жерге көп болып жиналуы.* **2.** ауыс. *Көбею, молаю.*

**КӨЛДЕЙ** сын. **1.** *Көл тәрізді, көл сияқты.* **2.** ауыс. *Үлкен, көлемді.*

**КӨЛДЕН=** ет. *Кең жайылу, кеңею.*

**КӨЛДЕНЕҢ** сын. **1.** *Көсе-көлбеу, тік емес. //Белгілі бір заттың ені.* **2.** ауыс. *Тосын, кездейсоқ, аяқ астынан.* **3.** ауыс. *Бөтен, бөгде, жат. // Бөтен, бөгде жат адам.* **4.** ауыс. *Қосымша.*

**Көлденең билік**. *Күтпеген жерден киліккен шешім.* **Көлденең кәріз**. сушар. *Жерасты суларын жинап ағызатын, қолдан жасалған жабық жер, құрғатқыш.* **Көлденең кәсіп**. *Негізгі қызметінен басқа қосымша пайда табатын қызмет.* **Көлденең кескін**. сушар. *Су шаруашылығындағы арналардың көлденең қимасының пішіні.* **Көлденең көбікауыз**. *Араға от тастап, адамдардың шырқын бұзатын, тосыннан келген бәдік.* **Көлденең көз**. *Бөтен кісі, сырт адам.* **Көлденең көк атты**. *Кездейсоқ адам, әйтеуір біреу.* **Көлденең кісі**. *Былайғы адам, іске қатысы жоқ кісі.* **Көлденең қашықтық**. әск. *Траекторияның ұшып шығу нүктесінен зеңбіректің көкжиегімен қиылысқан нүктесіне дейінгі арақашықтық.* **Көлденең қонақ**. *Күтпеген жерден, аяқ астынан келген мейман.* **Көлденең өткен көк аттыны жібермеді [құр өткізбеді].** *Жезөкшелік істеді.* **Көлденең сауал.** *Тұтқиылдан қойылған бүкпесіз ашық сұрақ.* **Көлденең сөз [әңгіме]**. *Бұралқы, қыстырма, бөтен сөз.* **Көлденең су тұндырығы**. сушар. *Тік бұрышты болып келетін темір бетоннан жасалған суды тұндыратын камералы астау.* **Көлденең сұрақ**. *Тосын сұрақ.* **Көлденең табыс [ақша].** *Еңбексіз табылған пайда, кіріс.* **Көлденең тартты**. а) *Білдірді, сездірді.* ә) *Арнады, сыйлады.* б) *Ұсыну, көрсету.* **Көлденең тұрды**. *Қарсы келді, кедергі, бөгет жасады.* **Көлденең түскен көк ине көрінгендей.** *Анық, айқын, алақандағыдай.* **Көлденеңі күректей**. *Жуан, ені үлкен.* **Көлденеңінен кез болды.** *Күтпеген жерден, аяқ астынан тап болды.*

**КӨЛДЕНЕҢДЕ=** ет. **1.** *Кес-кестеу, көлденең тұру, алдын бөгеу, алдынан ербеңдеп қарсы шығу.* **2.** ауыс. *Кездесу, ұшырасу.*

**КӨЛДЕНЕҢДЕТ=** ет. *Алдынан кес-кестету, бөгету.*

**КӨЛДЕНЕҢДЕТУ** *Көлденеңдет етістігінің қимыл атауы; алдын кес-кестету.*

**КӨЛДЕНЕҢДЕУ** *Көлденеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛДЕНЕҢДІК** зат. *Қарсылық, келіспеушілік.*

**КӨЛДЕНЕҢНЕН** үст. *Аяқ астынан, күтпеген жерден.*

**КӨЛДЕНУ** *Көлден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛДЕТ=** ет. **1.** *Суды арнасынан асыру, тасыту, жою.* **2.** ауыс. *Көбейту, молайту.* **3.** ауыс. экспр. *Шылқылдату, су төгу, сулап тастау.*

**Көлдетіп суару**. егіншар. *Егіннің атызын суға бастырып суару, суға қандыру.*

**КӨЛДЕТУ** *Көлдет етістігінің қимыл атауы; суды жаю.*

**КӨЛДЕТІЛ=** ет. *Су жайылу.*

**КӨЛДЕТІЛУ** *Көлдетіл етістігінің қимыл атауы*

**КӨЛДЕУ** зат. *Өзен мен көлдің суы жайылған жер, ойпаң жерге жиналған қар суы, көлдеуік.*

**КӨЛДЕУІК** зат. *Су жайылып кеткен жер.*

**КӨЛДЕУІТ** сын. *Суы мол, ылғалды, сыздауыт.*

**КӨЛДІ** сын. *Көлі көп.*

**КӨЛДІК** зат. *Су жиналған ойпаң жер.*

**Көлдік қаумал**. сушар. *Көлдің бір бөлігінде немесе бүкіл ауданында, кейде көлге жақын жатқан құрлық бөлігінде жасалған қоршау, ойпат.*

**КӨЛДІЛІК** зат. геогр. *Көл айдындары жалпы ауданының (бөгендерді қоса алғанда) аумақтың жалпы ауданына (елді мекеннің, материктің су жинау алабы және т .б.) қатынасы.*

**КӨЛДІРЕ** = ет. сөйл. **1.** ***Күлдіре***. **2.** *Көлкілдеу, ісіну.*

**КӨЛДІРЕУ** *Көлдіре етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛДІРЕТ=** ет. *Көлкіту.*

**КӨЛЕГЕЙ** сын. *Көзден таса, қалқалау.*

**Көлегей қабақ танытты.** *Ұнатпады, жақтырмады.* **Көлегей тартты**. а) *Күңгірттенді, көмескіленді.* ә) *Жасырды, қалқалады.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕ=** ет. **1.** *Тасалау, қалқалап бүркемелеу.* **2.** *Бірдеңеден қорғау, сақтау.* **3.** ауыс. *Жасырып, жабу.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕН=** ет. *Тасалану, бұлыңғыр тарту.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕНУ** *Көлегейлен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕТ=** ет. *Тасалату.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕТУ** *Көлегейлет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕГЕЙЛЕУ** *Көлегейле етістігінің қимыл атауы; тасалау, жасыру.*

**КӨЛЕГЕЙЛІ** сын. *Күннің көзі түспейтін, жарығы аз, күңгірт.*

**КӨЛЕМ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір заттың аумағы, мөлшері.* **2.** *Бір нәрсенің шегі, аясы.*

**КӨЛЕМ**[2] зат. *Маңай, ауыл-аймақ.*

**КӨЛЕМДЕН=** ет. *Үлкею, ұлғаю, кеңею.*

**КӨЛЕМДЕНДІР=** ет. кіт. *Ұлғайту, кеңейту, үлкейту.*

**КӨЛЕМДЕНДІРУ** *Көлемендір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕМДЕНУ** *Көлемден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕМДІ** сын. *Көлемі үлкен, аумақты.*

**КӨЛЕМДІК** сын. *Көлемге лайықты, аумақтық, мөлшерлік.*

**Көлемдік атыз.** геол. *Сынамаға сызық бойынша үздіксіз орналасқан нүктелер қатарынан көлемі бірдей материал алудың тәсілі.* **Көлемдік талдау.** *хим. Берілген үлгімен реакцияға түсуге қажетті реагент ерітіндісінің көлемі өлшенетін сандық талдау.* **Көлемдік үлес концентрациясы.** хим. *Еріген зат көлемінің ерітіндінің жалпы көлеміне қатынасы.*

**КӨЛЕМДІЛІК** зат. *Қомақтылық, ауқымдылық.*

**КӨЛЕМДІРЕК** сын. **1.** *Үлкенірек, кеңірек, аумақтылау.* **2.** *Ауқымырақ, күрделірек.*

**КӨЛЕМСІЗ** сын. *Көлемі аз, аумақсыз, кішірек.*

**КӨЛЕҢ**[1] сын. *Ерке, шолжың.*

**Көлең берді**. *Елестеді, елес берді.* **Көлең етті**. *Көлбең етті.* **Көлең қақты**. *Көлбең қақты.*

**КӨЛЕҢ**[2] үст. *Сәл қиғаш, бір қырындап.*

**КӨЛЕҢДЕ=** ет. **1.** *Көлбең-көлбең ету, желбіреу.* **2.** *Караңдау, қарауытып көріну.*

**КӨЛЕҢДЕС=** ет. *Көлбеңдесу, көлбең-көлбең етісу.*

**КӨЛЕҢДЕТ=** ет. *Желбірету, көлбеңдету.*

**КӨЛЕҢДЕТУ** *Көлеңдет етістігінің қимыл атауы. Көрсету.*

**КӨЛЕҢДЕУ** *Көлеңде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕҢКЕ** зат. **1.** *Белгілі бір заттың сәуле түсіп тұрған жағынан қарама-қарсы түсына түсетін сәуле тосқауылының қараңғылығы.* **2.** *Күн көзінен саялап отыратын пана.* **3.** ауыс. *Уақытша тұратын баспана, үй.* **4.** ауыс. *Үйдің берекесі, саясы.* **5.** ауыс. *Кемшілік, олқылық.* **6.** ауыс. *Қайғы, уайым, реніш.*

**Көлеңке басты**. *Қайғы, уайым басты.* **Көлеңке басын ұзартты**. *Бесін ауып, күн еңкейді.* **Көлеңкеде қалды.** *Елеусіз, ескерусіз қалды.* **Көлеңке қылды**. *Күн түспейтін сая жасады.* **Көлеңке салды [түсірді]**. *Уайым-қайғыға ұшыратты.* **Көлеңкесінде жүрді**. *Біреуді паналап, күн көрді.* **Көлеңкесінен қорықты**. *Жоқтан өзеген үрейленді, шошыды.* **Көлеңкесін саялады**. *Медеу санады, тірек етті, паналады.* **Көлеңке үйірді**. *Бет-беделіне нұқсан келтірді.*

**КӨЛЕҢКЕДЕЙ** сын. *Көлеңке сияқты, көлеңке тәрізді.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕ=** ет. **1.** *Қалқалау, көлегейлеу.* **2.** *Күннің көзі түспейтін жерді саялау.* **3.** ауыс. *Жасыру, білдірмеу.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕН=** ет. *Қараңғылану, күңгірттену, тасалану.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕНУ** *Көлеңкелен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕТ=** ет. **1.** *Қараңғылату.* **2.** *Қалқалату, тасалату.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕТУ** *Көлеңкелет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕУ**[1] сын. *Күннің көзі аз түсетін, салқындау. // Таса, қалтарыс.*

**КӨЛЕҢКЕЛЕУ**[2] *Көлеңкеле етістігінің қимыл атауы; көлегейлеу, көрсетпеу.*

**КӨЛЕҢКЕЛІ** сын. **1.** *Күн түспейтін, көлеңкесі мол, саялы.* **2.** ауыс. *Көңілсіз; кемшілікті, олқылықты.*

**Көлеңкелі экономика [бизнес]**. экон. *Тауар-материалдық құндылықтар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттің бақылауынан тыс өндіру, бөлісу және тұтыну.*

**КӨЛЕҢКЕЛІК**[1] сын. *Көлеңке боларлық.*

**КӨЛЕҢКЕЛІК**[2] зат. *Жазғы жағдайға бейімделіп жасалған баспана.*

**КӨЛЕҢКЕСІЗ** сын. **1.** *Көлеңкесі жоқ, көлеңке түспейтін.* **2.** ауыс. *Ашық-жарқын, бүкпесіз, құпиясыз.*

**КӨЛЕҢКЕШЕ** үст. *Көлеңкеге ұқсап, көлеңке тәрізді.*

**КӨЛЕҢ-КӨЛЕҢ** елік. *Екі жаққа ырғатылып, шайқатылып, көлбеңдеп, толқынды ырғақпен қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Көлең-көлең етті**. *Көлбең-көлбең етті, көлбеңдеді.*

**КӨЛЖҰТАР** зат. миф. *Аңыз-әңгімелердегі, ертегідегі көлді жұтып қоятын кейіпкер.*

**КӨЛИТ=** ет. сөйл. *Көбейту, молайту.*

**КӨЛКЕК** елік. *Көлк-көлк етіп толқыған, көлкілдеген қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Көлкек қақты.** *Көлкілдеп толқыды, көлкектеді.*

**КӨЛКЕКТЕ=** ет. *Көлкілдеу, толықсу.*

**КӨЛКЕШТЕ=** ет. *Бүркеу, жасыру, көлегейлеу, тасалау.*

**КӨЛ-КӨСІР** сын. *Өте көп, ағыл-тегіл, мол.*

**КӨЛКУ** *Көлкі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛКІ=** ет. **1.** *Судың ойпаңда көлдей жайылуы, сел болуы.* **2.** *Астың бетінде майының қалқуы.* **3.** *Жұқа матадан тігілген бұйымның төгіліп тұруы.*

**КӨЛКІЛДЕ=** ет. **1.** *Күлтілдеп ісіну.* **2.** *Жиналу, іркілу.* **3.** *Киімнің кеңдеу болып, желпілдеуі.*

**КӨЛКІЛДЕК** сын. **1.** *Көлк-көлк еткен, көлкілдеп тұратын.* **2.** *Ісінген, көлкілдеген.*

**КӨЛКІЛДЕТ=** ет. *Киімді төгілдіріп кию.*

**КӨЛКІЛДЕТУ** *Көлкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛКІТ=** ет. **1.** *Ағыл-тегіл су қылып жіберу.* **2.** ауыс. *Молайту, судай ағызу.*

**КӨЛКІТУ** *Көлкіт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛМЕК** зат. жерг. **1.** *Көлшік, тоспа.* **2.** *Бір жерге жиналған ағысы жоқ су.*

**КӨЛМЕКШЕ** зат. жерг. *Шағын көлмек.*

**КӨЛП** е л і к. *Тұнып тұрған сұйықтыққа жеңіл зат тосыннан келіп түскенде пайда болатын дыбысты білдіретін сөз.*

**Көлп етті**. *Күп етті, бұлк етті.*

**КӨЛПАЛ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Бос, көпірме, лепірме.*

**КӨЛПАЛДЫҚ** з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Лепірмелік, көпірмелік, көпсөзділік.*

**КӨЛПЕК** с ы н. *Жаңа жауған ұлпек (қар).*

**КӨЛПІ =** е т. *Көлп ету, күп ете түсу.*

**КӨЛПІЛДЕ=** е т. *Жұп-жұмсақ боп ұлпілдеу.*

**КӨЛПІЛДЕУ** *Көлпілде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛСЫМАҚ** с ы н. э к с п р. ж а қ т ы р м а у. *Көлшік.*

**КӨЛСІЗ** с ы н. *Көлі жоқ. // Көлі жоқ мекен.*

**КӨЛТАБАН** <грек. limen> з а т. г е о г р. **1.** *Жағалық бөлігі төмендеген құрлықты теңіз басудан және өзен сағаларының жайылуынан пайда болған саяз шығанақ.* **2.** *Түркі сөзінен келген, жағасы ирек әрі аласа болатын шығанақ немесе көктемгі еріген қар, тасқын суларын пайда болған жерде топырақта арнайы бөгеттер тұрғызу арқылы ұстап жинайтын мелиорациялық құрылыс.*

**КӨЛТАБАНДА=** е т. *Суды жазық жерге жайып жіберу.*

**Көлтабандап суармалау**. с у ш а р. *Агротехникалық талапқа сай топырақ ылғалдылығын арттыру үшін еріген қар суы мен жаңбыр суын пайдалану әдісі.*

**КӨЛТАБАНДАН=** е т. *Судың жазық бетімен жайылуы.*

**КӨЛТАБАНДАНУ** *Көлтабандан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛТАБАНДАУ** с ы н. *Жазықтау, тегістеу.*

**КӨЛТАНУ** з а т. г е о г р. <грек. limne – көл, logos – ілім> *Гидрологияның су алмасуы баяу жүретін континенттік суқоймаларды (көлдер) және олардағы физикалық, химиялық және биологиялық процестерді зерттейтін ғылымның бір саласы.*

**КӨЛТАУЫСАР** з а т. м и ф. *Қиял-ғажайып ертегілердегі көл суын ұрттап тауысатын мифтік кейіпкер, көлжұтар.*

**КӨЛТЕК** с ы н. ж е р г. *Жарамсақ, жағымпаз.*

**КӨЛТЕКТЕ=** е т. *Көлгірсу, бұлтақтау.*

**КӨЛТЕКТЕС=** е т. *Бұлтақтасу.*

**КӨЛТЕКТЕТ=** е т. *Бұлтақтату.*

**КӨЛТЕКТЕУ** *Көлтекте етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛТІЛДЕ=** е т. *Ісіну, култілдеу; бүлкілдеу.*

**КӨЛТІЛДЕТ=** е т. *Желбірету.*

**КӨЛТІЛДЕТУ** *Көлтілдет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛІЛДЕУ** *Көлілдеу етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛШЕ** з а т. к ә с. *Егістік жердің атыздан кішірек бөлігі.*

**КӨЛШІК** з а т. *Көлдің кішкене түрі.*

**КӨЛШІКТЕЙ** с ы н. *Көлшік сияқты, көлшік тәрізді.*

**КӨЛШІКТЕН=** е т. *Су жиналу, көлдеу.*

**КӨЛШІКТЕНУ** *Көлшіктен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨЛШІКТІ** с ы н. *Көлшігі бар, сулы.*

**КӨЛШІМЕК** с ы н. *Ойпаң жерге жиналған судың орны, көлшік.*

**КӨЛІК** з а т. <нем. Transport>. **1.** т е х. *Жолаушыларды немесе жүкті бір жерден екінші жерге жеткізетін қатынас құралы, мәшине.* **2.** *Әртүрлі жұмыс пен жол қатынасына пайдаланылатын мал.*

**Көлік графигі.** *Көлік құралдары қозғалысын (қатынасын) бейнелеудің ерекше тәсілі.* **Көлік кәсіпорны**. э к о н. *Жеке және заңи тұлғаларға негізгі қызмет түрі ретінде көлік қызметін көрсететін заңи тұлға.* **Көлікке басты**. с ө й л. *Жүк артты, тиеді.* **Көлік күші**. *Жолаушы немесе жүк тасиtын қатынас құралы.* **Көлік құралдары салығы**. э к о н. *Заңнамалық актілермен белгіленген тәртіп бойынша есепте тұрған көлік құралдары бар жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан алынатын салық.* **Көлік малы**. к ө н е. *Күш-көлік ретінде пайдаланылатын мал.* **Көлік нөпірі**. *Бір жолдың бойында болатын көлік кептелісі.* **Көлік өнімі.** э к о н. *Ақшалай және шартты-заттай өлшеммен көрсетілетін жолаушы және жүк тасымалының көлемі.* **Көлік тарифі**. э к о н. *Көлік қызметі үшін алынатын ақы төлеу мөлшерлемесінің жүйесі.* **Көліктің жүк айналымы**. э к о н. *Көлік өнімінің көрсеткіші.* **Көлік шығыны**. э к о н. *Шикізаттар мен дайын өнімдерді өндіріс орнымен тұтылу орнына тасымалдауға байланысты шығыстар.*

**КӨЛІКДӘЛІЗ** з а т. к ө л і к. *Шетелдерге көлікпен қатынас жасау үшін салынған ұзындығы мен ені барынша кең жол, трасса.*

**КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ** с ы н. э к о н. *Тиімді бағдар бойынша қандай да бір материалдық заттарды, т.б. бір орыннан екінші орынға тасымалдауды, жеткізуді ұйымдастыратын жүйеге қатысты.*

**КӨЛІКМАЙЫ** з а т. к ө н е. э т н. *Көлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы, салық.*

**КӨЛІК-МӨЛІК** з а т. с ө й л. *Көлік және сол сияқты нәрселер.*

**КӨЛІК-САЙМАН** з а т. *Көлік және оның жабдықтары.*

**КӨЛІКСІЗ** с ы н. *Көлігі жоқ, жаяу.*

**КӨЛІКТЕТ=** е т. *Көлікке міну, көлікпен жүру.*

**КӨЛІКТІ** с ы н. *Көлігі бар, көлікке мінген. // Көлікке мінген, көлігі бар адам.*

**КӨЛІКТІК** с ы н. *Көлік болуға жарарлық.*

**Көліктік мәшинелер**. ә с к. *Әскери қызметтер үшін қолданылатын автомобильдер мен тракторлардың жиынтығы.* **Көліктік зымыран тасушы**. ә с к. *Бір немесе бірнеше оқтұмсық жеткізетін кіші зымыран.*

**КӨЛІКШІ** з а т. *Көлік жүргізуші.*

**КӨМ=** е т. **1.** *Қайтыс болған адамды жерлеу.* **2.** *Бастырып жауып тастау.* **3.** *Түтіннің не шаңның астында қалдыру, түк көрсетпей жауып кету.* **4.** *Бір затты екінші бір затқа батыру, шомдыру, салу.* **5.** а у ы с. *Аяққа басу, бас тарту.* **6.** а у ы с. *Жасыру, құпияда сақтау..*

**Көміп жіберді**. *Үсті-үстіне салып жіберді, ұрды.*

**КӨМБЕ**[1] з а т. **1.** *Жасырып тыққан қымбат заттардың қоймасы.* **2.** *Жер астындағы байлық, кен.* **3.** *Астық, жеміс т.б. заттарды сақтау үшін жерді қазып жасалған қойма, ұра.* **4.** *Отқа, қоламтаға көміп пісірілген нан.* **5.** *Отты екінші рет қайта тұтандыру үшін шоғын сақтау мақсатында қоламтаға көмілген тезек.* **6.** *Көміп кететін қалың, омбы қар.* **7.** а у ы с. *Құпия сыр.*

**Көмбе су**. г е о л. *Таужыныстары шөгу кезінде қалыптасып, әртүрлі тереңдікте көміліп қалған жерасты қазба суы.*

**КӨМБЕ**[2] з а т. *Меже, мәре, ат жарыстағы қарақшы.*

**КӨМБЕҚОНАҚ** з а т. ж е р г. ***Жүгері.***

**КӨМБЕЛІ** с ы н. *Қазыналы, байлықты, кенді.*

**КӨМБЕШ** з а т. с ө й л. ***Көмеш*** *(табаға пісірілген нан).*

**КӨМБІЛЕ=** е т. *Көрсетпей көмескілеу.*

**КӨМБІС** с ы н. с ө й л. ***Көнбіс.***

**КӨМБІСТІК** з а т. с ө й л. ***Көнбістік.***

**КӨМГІЗ=** е т. *Көмдірту, жерлету.*

**КӨМГІЗУ** *Көмгіз етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМДІР=** е т. *Жауып тастау.*

**КӨМДІРУ** *Көмдір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕЙ** з а т. **1.** *Ас өтетін мүше, жұтқыншақ.* **2.** а н а т. <лат. larungeus> *Ауыз қуысын өңешпен жалғастыратын мүше.* **3.** а у ы с. *Ішкі қуыс заттың түп жағы.* **4.** а у ы с. *Мол судың жан-жаққа бөлінетін жері, алқымы.* **5.** а у ы с. *Адамның көкейіндегі өзгелерге белгісіз сыры, ойы, көңілі.*

**Көмейдегі көмескіні болжады**. *Біреудің ойындағысын, айтпағын шамалады.* **Көмей жапты.** ж е р г. *Судың құлағын, таралар басын бөгеді, жан-жаққа тарайтын жерін бекітті.* **Көмей суырды**. *Дәмі тіл үйірді, тәбет ашты.* **Көмей белгілі болды**. *Ішкі сыры, ойы, көздегені, көкейін тескен мақсаттары айқын болды.* **Көмейі босады**. *Көңілі босады, елжіреді.* **Көмейі бүлкілдеді**. а) *Шешен сөйледі.* ә) *Біреуден бірдеңе дәметті.* б) *Бірдеңе айтқысы келді, ішіндегісін сыртқа ақтармақ болды.* **Көмейі былқылдады**. *Ақтарыла ағызып шешен сөйледі.* **Көмейі былпылдады**. *Сөз майын тамызып, ағыза сөйледі, лыпыл қақты.* **Көмейі жыбырлады**. *Бір нәрсеге құмартты.* **Көмейі көрінді**. *Ішкі пікірі айқын болды, не дегісі келгені айтпай-ақ белгілі болды.* **Көмейін байқады**. *Не дегісі келетінін білді.* **Көмейін босатты**. *Ашуын басты, бетін бері қаратты.* **Көмейін бүлкілдетті**. а) *Бірдеңе айтты, күбірлеп сөйледі.* ә) *Әнді нақышына келтіріп шебер орындады.* **Көмейін бітеді**. *Аузын майлады, парамен бетін бері қаратты.* **Көмейінде бірдеңе тұр**. *Бірдеңе айтқысы келіп тұр.* **Көмейіне бірдеңе тығылды**. *Айта алмады, ішкі сырын ақтара алмай бұлықты.* **Көмейіне көлденең тұрды**. *Ішіп-жегені желкесінен шықты, көлденең тапқан пайдасы бойына дарымады.* **Көмейіне құм құйылды**. *Дыбысын шығармады, үні өшті.* **Көмейінен бал тамды**. *Тамылжытып ән салды.* **Көмейіне бірдеме өткізді**. ж а ғ ы м с ы з. *Сөзбен, парамен бетін бері қаратты, пара берді.* **Көмейіне өткізіп қойды.** *Пара берді.* **Көмейіне тас тығылды**. *Аузын ашпады, үндемеді.* **Көмейі түсінікті**. *Құлқы, ойы белгілі.* **Көмейін тығындады.** *Аузын алды, пара берді.*

**КӨМЕЙҚҰРТ** з а т. в е т. *Малдың көмейін құрттататын ауру.*

**КӨМЕЙЛЕТ=** е т. **1.** *Көмейіне тығу, жеу.* **2.** а у ы с. *Толтыру, кептеу, нығарлау.*

**КӨМЕЙЛЕТУ** *Көмейлет етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕЙЛІ** с ы н. **1.** *Көмейі кең, үлкен.* **2.** а у ы с. *Зор дауысты, асқақ үнді.*

**КӨМЕЙСІЗ** с ы н. *Көмейі жоқ, ештеңе алмайтын, дәметпейтін.*

**КӨМЕК** з а т. *Қолғабыс, көрсетілетін жәрдем.*

**Көмегі тиді.** *Жәрдемі, пайдасы, септігі болды.* **Көмек берді**. *Қолғабыс берді, көмектесті жәрдем жасады.* **Көмек болды**. *Демеу болды, жәрдем көрсетті.* **Көмек көрсету.** *Жәрдем беру, көмектесу, қолғабыс ету.*

**КӨМЕКЕЙ** з а т. с ө й л. **1.** ***Көмей.*** **2.** а у ы с. *Адамның ішкі ойы, көңілі.*

**Көмекейге бүктеп салды.** *Қылғытып, жалмап жұтты.* **Көмекейдегі көмескіні болжады.** *Біреудің ойындағысын, айтпағанын шамалады.* **Көмекейі бос**. *Бірдеңе алудан бас тартпайтын.* **Көмекейі көрінді.** *Ойы белгілі болды.*

**КӨМЕКЕЙЛЕ=** е т. *Көмекейге тығып жіберу.*

**КӨМЕКЕЙЛЕУ** *Көмекейле етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕКСІЗ** с ы н. *Жәрдемсіз, қолғабыссыз.*

**КӨМЕКТЕС=** е т. *Жәрдем беру, көмек көрсету, қолғабыс тигізу.*

**КӨМЕКТЕСТІР=** е т. *Жәрдем бергізу.*

**КӨМЕКТЕСТІРУ** *Көмектестір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕКТЕСУ** *Көмектес етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕКШІ** з а т. *Жұмыста қолғабыс тигізуші, жәрдем беруші. // Қосымша.*

**Көмекші авиация**. ә с к. *Әскери істерді жүзеге асыруда қолданылатын, әскерлерді, оқ-дәрі, жаралы ауруларды тасымалдайтын авиация.* **Көмекші есім.** л и н г в. *Толық лексикалық, мағынасы жоқ, негізгі есім сөздерге тіркесіп, көмекшілік қызметте қолданылатын сөздер.* **Көмекші етістік.** л и н г в. *Лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық мағына*

*үстеу қызметіне ауысқан етістіктер.* **Көмекші жауапкершілік**. экон. *Заңда немесе шартта белгіленген міндеттемелер тиісті дәрежеде орындалмаған кезде жүктелетін қосымша азаматтық жауапкершілік түрі.* **Көмекші құрал.** пед. *Мұғалімдер мен оқушылар үшін немесе белгілі бір мамандықтың иелеріне сол мамандығынан қосымша түсінік беру мақсатында жазылған кітап.* **Көмекші шаруашылық**. экон. *Негізгі шаруашылықтан басқа қосымша, қосалқы шаруашылық.* **Көмекші цех.** тех. *Негізгі өндіріске немесе зауытқа түгелдей технологиялық қызмет ететін цех.*

**КӨМЕКШІЛ** сын. *Көмек беріп тұратын, қайырымды.*

**КӨМЕКШІЛІК** зат. *Көмек берушілік, жәрдемшілік.*

**КӨМЕЛЕ=** ет. сөйл. *Көмейіне жеткізу, алқымдату.*

**КӨМЕС** сын. сөйл. жерг. ***Көмескі.***

**КӨМЕСКІ** сын. **1.** *Бұлыңғыр, бұлдыр, күңгірт.* **2.** ауыс. *Айқын емес, анық емес, түсініксіз.*

**КӨМЕСКІЛЕ=** ет. *Күңгірттеу, бұлыңғырлау, солғындату.*

**КӨМЕСКІЛЕН=** ет. *Солғындану, көмескі тарту.*

**КӨМЕСКІЛЕНДІР=** ет. *Солғын, көмескі тарттыру.*

**КӨМЕСКІЛЕНУ** *Көмескілен етістігінің қимыл атауы; солғын тарту.*

**КӨМЕСКІЛЕУ**[1] сын. *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.*

**КӨМЕСКІЛЕУ**[2] *Көмескіле етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМЕСКІЛІК** зат. **1.** *Буалдыр тартқан күңгірттік, бұлыңғырлық.* **2.** ауыс. *Күмәнділік, шүбәлік, күдіктілік.* **3.** ауыс. *Түсініксіздік.*

**КӨМЕСКІСІЗ** сын. *Анық, айқын; күңгірт емес.*

**КӨМЕСТІК** зат. сөйл. жерг. ***Көмескілік.***

**КӨМЕШ** зат. **1.** *Күлге көміп пісірген нан, көмбе.* **2.** *Үйілген астық, дән.*

**Көмешіне күл тартты**. *Құлқынына тартты.*

**КӨМЕШТЕЙ** сын. *Көмеш сияқты, көмеш тәрізді.*

**КӨМКЕР=** ет. **1.** *Заттың шеті мен жиегін қайырып қабаттап тігу.* **2.** *Киімнің шетін екінші түсті мата не терімен жапсыра тігу, жиектеу.* **3.** *Қоршау, орау.*

**КӨМКЕРМЕ** зат. *Үйге немесе басқа да нысандарға су кірмес үшін айналасын қоршап үйілген құм не топырақ.*

**Көмкерме жасушалар**. анат. *Асқазанның кілегейлі қабығы тақташа қабатында орналасқан қарын сөлі құрамындағы тұз қышқылы түзілетін хлоридтерді бөліп шығаратын безді жасушалар.*

**КӨМКЕРМЕЛІ** сын. *Көмкерілген, кері қайырылған.*

**КӨМКЕРТ=** ет. *Жиектеп тіккізу.*

**КӨМКЕРТУ** *Көмкерт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМКЕРУ**[1] зат. *Төсекжапқыш.*

**КӨМКЕРУ**[2] *Көмкер етістігінің қимыл атауы; жиектеп тігу.*

**КӨМКЕРУЛІ** сын. *Көмкерілген, жиектелген.*

**КӨМКЕРІЛ**= ет. **1.** *Жабылу, бастырылу.* 2. *Қапталу.* **3.** *Жиектелу, қайырылу, әдіптелу.* **4.** ауыс. *Бейнелеу, астарлау, толықтыру.*

**КӨМКЕРІЛУ** *Көмкеріл етістігінің қимыл атауы; безендірілу.*

**КӨМҚАП** зат. көне. *Шапан, тон, жақсы сырткиім.*

**КӨМП** елік. *Ауырырақ затты терең суға тастап жібергенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Көмп етті.** *Күмп етті.* **Көмп еткізді**. *Күмп еткізді, тастай салды.*

**КӨМПЕЙ**= ет. сөйл. ***Көмпи.***

**КӨМПЕК** сын. *Денесі шыңықпаған бос, етті, семіз (түйе).*

**КӨМПЕҢ** сын. *Шыныққан, шымыр.*

**КӨМПИ=** ет. **1.** *Қампию, көтерілу, үлкею.* **2.** *Томпайып ісіну.* **3.** ауыс. *Ісініп-кебіну, қораздану, тәкаппарлану.*

**КӨМПИТ=** ет. **1.** *Қампайту, қобырайту.* **2.** *Бұртиту.*

**КӨМПИТУ** *Көмпит етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМПИЮ** *Көмпи етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМПІС** сын. сөйл. ***Көнбіс.***

**КӨМПІСТІ** сын. сөйл. ***Көнбісті.***

**КӨМПІСТІК** зат. сөйл. ***Көнбістік.***

**КӨМУ** *Көм етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бастырып жауып тастау.* **2.** *Сақтау, жасыру.* **3.** *Қайтыс болған адамды жерлеу.*

**КӨМУСІЗ** сын. *Жерлеусіз.*

**КӨМУШІ** зат. *Өлген адамды жерлеуші.*

**КӨМІЛ=** ет. **1.** *Бастырылу, жабылу.* **2.** *Жерлену.*

**Көмілетін жер**. *Құритын, масқарасы шығатын орын.* **Көміліп отырды**. а) *Ешкіммен араласпады.* ә) *Жұмысбасты болды.*

**КӨМІЛДІР=** ет. *Тұтастай жабу, басып қалу.*

**КӨМІЛДІРУ** *Көмілдір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМІЛТ=** ет. **1.** *Тұтастай төгілте жабу.* **2.** *Дендей ендіру, бойлату.*

**КӨМІЛТУ** *Көмілт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМІЛУ** *Көміл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бастырылу, жабылу.* **2.** *Жерлену.*

**КӨМІНТАС** зат. жерг. *Егін бастыратын сүйретпе тас.*

**КӨМІП-КӨМІП** үст. *Үсті-үстіне сабалап, қамшы жаудырып.*

**КӨМІР** <лат. carbo> зат. **1.** *Жерден қазылып алынатын, өсімдік қалдықтарынан түзілген, жанғыш, қара түсті, органикалық қатты зат; шөгінді таужыныс.* **2.** *Ағаш шоғының сөнген түрі.* **3.** ауыс. *Қызығы кетіп, өмірден түңілген адам.*

**Көмір геохимиясы**. геол. *Көмір туралы ғылымның бір саласы.* **Көмірді жер астында газдандыру**. кен. *Көмірді жер астында жатқан орнында газға айналдырып, пайдалану әдісі.* **Көмірдің біріккіштігі**. геол. *Кокстенгенде пластикалық күйден өткен көмір түйірлерінің өзара біріккен монолиттер түзу қасиеті.* **Көмірдің графиттелуі**. геол. *Көмір құрылымының өзгеру процесі.* **Көмірдің қаттылығы**. физ. *Көмірдің қирау деформациясына қарсы тұру қабілеті.* **Көмірдің меншікті салмағы**. физ. *Көмірдің қатты бөлшектері массасының көлеміне қатынасы.* **Көмірдің морттығы**. геол. *Көмірдің сынғыштық қабілеті.* **Көмірдің өздігінен жануы**. хим. *Кесектерінің кейбір жағдайларда оттекпен тотығу нәтижесінде өздігінен тұтану процесі.* **Көмірдің ылғалдылығы**. геол. *Көмірдегі w индексімен белгіленетін ылғалдылық мөлшері.* **Көмір кені**. кен. *Көмір қоры өндіріске пайдалануға жарарлықтай дәрежеде шоғырланған кенорны.* **Көмір қабаты**. геол. *Бірнеше физикалық, химиялық белгілері бойынша ажыратылатын көмір қабаттарының бөлігі.* **Көмір қабатының тотығу белдемі**. геол. *Көмір қабатының оттегімен еркін әрекетінен тотығып, күлге айналатын, физика-химиялық қасиеттерін жоғалтатын жерге жақын жатқан бөлігі.* **Көмір қара**. *Қап-қара.* **Көмір қойнауқаты**. геол. *Бір-біріне бойлас екі жазықтықтың табаны немесе жабыны арасындағы көмірлі заттар шоғыры.* **Көмірлердің метаморфизмі.** хим. *Қазба көмірлердің химиялық құрамының, физикалық қасиеттері мен ішкі құрылымының өзгеруі нәтижесінде көміртек мөлшері біртіндеп артатын бір бағытты процесс.* **Көмір маркасы**. геол. *Көмірдің өндірісте қолданылу бағытын анықтайтын шартты белгілер жиынтығы.* **Көмір өнеркәсібі**. *Ауыр индустрияның аса маңызды салаларының бірі.*

**КӨМІРДЕЙ** сын. *Көмір сияқты қап-қара.*

**Көмірдей қара.** *Қап-қара.*

**КӨМІРЖАРАЛУ** зат. геол. *Өсімдік затының көмірге айналуының екі сатыдан тұратын процесі.*

**Көміржаралу белдеуі**. геол. *Белгілі бір кезеңде көмірлі түзілімдер мен көмір массасы мол жиналған жер бетіндегі белдемдер.* **Көміржаралу теориясы**. геол. *Көмір субстанциясының бастапқы материалы мен оның көмірге айналу процестері туралы ұғымдар.* **Көміржаралу түйіні**. геол. *Көміржаралу белдеулері ауқымындағы көмірқанықтылығы жоғары жекелеген алаңдар.*

**КӨМІРҚЫШҚЫЛ** зат. хим. *Көміртек қос тотығы суда ерігенде түзілетін екі негізді әлсіз қышқыл* $(H_2 CO_3)$.

**Көмірқышқыл газы**. хим. *Көміртек қос тотығы суда ерігенде түзілетін әлсіз қышқыл; ауа құрамында болатын, түссіз, аздап қышқылтым дәмі бар газ* $(CO_2)$.

**КӨМІРЛЕН**= ет. *Көмірге айналу.*

**КӨМІРЛЕНУ**[1] зат. хим. *Шымтезек көмірге айналу және көмірдің геологиялық факторлар әсерінен одан әрі өзгеру процестерінің жиынтығы.*

**КӨМІРЛЕНУ**[2] геол. *Көмірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМІРЛІ** сын. *Көмірі көп.*

**Көмірлі аймақ**. геол. *Шөгінді түзілу процесіне ұқсас ауқымды алқап.* **Көмірлі алап**. геол. *Көмір қабаты бар түзілімдер.*

**КӨМІРЛІЛІК** зат. геол. *Нақтылы өңірдегі көмір қойнауқаттарының сандық көрсеткіші.*

**КӨМІРПЛАСТИКТЕР** зат. хим. *Толтырғыш ретінде көміртекті талшықтан жасалған таспалар, маталар алынатын армирленген пластмассалар.*

**КӨМІРСУЛАР** зат. хим. *Ақзаның тіршілік қарекетінде маңызды рөл атқаратын, көміртегі, оттегі және сутегіден тұратын химиялық құрамы табиғи органикалық қосылыстар* $(C_m H_2 O)_n$.

**Көмірсулар алмасуы**. хим. *Тірі ағзаларда жүретін көмірсулардың қорытылу, ыдырау, сіңірілу, сондай-ақ, олардың басқа қарапайым заттардан биологиялық түзілу процестерінің жиынтығы.*

**КӨМІРСУТЕК** зат. хим. *Көміртек пен сутектен тұратын органикалық қосылыс.*

**КӨМІРСУТЕКТІ** сын. хим. *Құрамында көмірсутегі бар.*

**КӨМІРТЕК** зат. хим. <лат. carboneum> *Бүкіл органикалық заттардың ең маңызды құрамы болатын, элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент (С).*

**Көміртек айналымы**. хим. *Табиғатта көміртектің үздіксіз айналу құбылысы.* **Көміртек қаңқасы**. хим. *Органикалық қосылыстың молекуласындағы көміртек атомдарынан тұратын қалдық.*

**КӨМІРТЕКПЛАСТАР** зат. хим. *Көмірпластиктер.*

**КӨМІРТЕКТЕЛ=** ет. *Көміртекпен қаныктырылу.*

**КӨМІРТЕКТЕЛУ** *Көміртектел етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМІРТЕКТЕНДІР**= ет. кен. *Қаттылығын арттыру үшін болат бұйымдардың бетін көміртекпен қанықтыру.*

**КӨМІРТЕКТЕНДІРУ** кен. *Көміртектендір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨМІРТЕКТЕНДІРІЛ=** ет. ***Көміртектелу.***

**КӨМІРТЕКТІ** сын. хим. *Құрамында көміртек бар, көміртек негізді.*

**Көміртекті болат**. хим. *Құрамында 0,04-2% көміртек, 0,1-1% марганец, 0,4%-ке дейін кремний, 0,08%-тен аспайтын күкірт және 0,09% шамасындай фосфор бар болат.*

**КӨМІРТЫҒЫЗДЫҚ** зат. геол. *Көмір алабының 1 км$^2$ ауқымына тиесілі көмір қоры.*

**КӨМІРШІ** зат. **1.** *Көмір дайындаушы, көмір қазушы.* **2.** кәс. *Көмір қазатын шахтада жұмыс істеуші.*

**КӨМІС** зат. *Кәму салты.*

**КӨМІС=** ет. *Жерлесу, бірге көму.*

**КӨМІСУ** *Көміс етістігінің қимыл атауы.*

**КӨН** зат. *Ірі қараның терісінен иленген қатты былғары.*

**Көн бет.** *Сөз өтпейтін арсыз, ұятсыз.* **Көн етік.** этн. *Көннен тігілген, кедей-кепшік киетін ескі, нашар етік.* **Көн етікке құрым шұлғау**. *Әр нәрсе өзіне лайығымен, әркім өз теңімен деп, кеміту мағынасында.* **Көн етікті.** *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.***Көн көңілді**. *Тас бауыр, қатыгез.* **Көн табан**. *Жалаң аяқ көп жүріп, қарайып қалыңдаған табан.* **Көн шалбар**. *Көннен тігілген шалбар.* **Көн шалбар бұтынан түспеді [бұтына жабысты].** *Қулдықта жүрді, біреуге басыбайлы жалшылық күн кешті.* **Көн шарық**. а) *Өгіз терісінен тігілген жеңіл аяқкиім, шәрке.* ә) *Күні қараңғы.* б) *Қара күйе, жаманат.* **Көн шоқай.** *Жылқы, сиыр малдарының бас терісінен бүріп тігілген, шандып байлайтын жібі бар, жеңіл аяқкиім.* **Көні жібімей, топалаң келгір.** қарғ. *Көңілің көтерілмей қалсын, ауру келсін деген мағынада.* **Көні кепті [қурады]**. а) *Қатты шөлдеді, сусады.* ә) *Бір нәрсені аңсады.* **Көнін жібітті.** *Терлеп-тепшіп, көңілі жадырады.* **Көнін сүйретті**. *Титығы құрып, шаршап-шалдықты, қажыды.* **Көнін сүйреуден босатты**. *Еркіндік берді, азат етті.* **Көнің кепкір [қурағыр].** қарғ. *Шөлден қаталап қалғыр деген мағынада.*

**КӨН=** ет. **1.** *Мойынсыну, көндігу; біреудің ыңғайына көшу.* **2.** *Шыдау, төзу.*

**КӨНАЯҚ** зат. миф. *Аралдарда не ормандарда өмір сүретін, жолаушыларды алдап шақырып, ебін тауып мойнына мініп алып, ағының орнындағы қайыспен шаңдып, шырмап түспейтін қазақ ертегілеріндегі кейіпкер.*

**КӨНБІС[1]** зат. өс. *Топырақ пен суды талғамайтын, суға оттегі бөлетін өсімдік.*

**КӨНБІС[2]** сын. **1.** *Айтқанға көнетін, көнгіш.* **2.** *Төзімді, шыдамды.*

**КӨНБІСТЕН=** ет. *Көндігу, шынығу.*

**КӨНБІСТЕНУ** *Көнбістен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНБІСТЕУ** сын. **1.** *Айтқанға көнгіштеу.* **2.** *Төзімділеу, шыдамдылау.*

**КӨНБІСТІ** сын. сөйл. **1.** ***Көнбіс*** *(айтқанға көнгіш).* **2.** *Шыдамды, төзімді.*

**КӨНБІСТІК** зат. *Шыдамдылық, төзімділік, көне берушілік.*

**КӨНБІСТІЛІК** зат. сөйл. ***Көнбістік.***

**КӨНГЕЖІП** зат. жерг. *Ау торын арқалық, табанды жуан арқандарға жалғастырып тұратын жіңішкелеу жіптер.*

**КӨНГЕЙЛЕ=** ет. жерг. *Қоршау.*

**КӨНГІШ** сын. **1.** *Айтқанды орындағыш, тіл алғыш.* **2.** *Көнбіс, төзгіш.*

**КӨНГІШТІК** зат. *Тез көнушілік, көнбістік.*

**КӨНДЕ=** ет. *Бір нәрсені көнмен тыстау.*

**КӨНДЕЙ** сын. *Көн сияқты, көн тәрізді.*

**КӨНДЕЛ=** ет. *Көнмен тысталу.*

**КӨНДЕН=** ет. *Қатып, қалыңдау.*

**КӨНДЕНУ** *Көнден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНДЕУ** *Көнде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНДІГУ** *Көндік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мойынсыну, көну.* **2.** биол. *Ағзаның тіршіліктің жаңа немесе өзгерген жағдайына үйренуі және сол ортаға төзімді ұрпақ беруге бейімделуі, жерсіну.*

**КӨНДІК** зат. жерг. *Аттарды бағып-қағатын жұмыскер.*

**КӨНДІК=** ет. *Мойынсыну, көну, үйреніп кету.*

**КӨНДІККІШ** сын. **1.** *Төзгіш, көнбіс.* **2.** *Бейімделгіш, икемделгіш.*

**КӨНДІКТІР=** ет. *Үйрету, көндіру.*

**КӨНДІКТІРУ** *Көндіктір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНДІМБАЙ** сын. қарап. *Көне беретін, көнгіш, көнбіс.*

**КӨНДІМБАЙЛЫҚ** зат. қарап. *Көнгіштік, көнбістік.*

**КӨНДІР=** ет. **1.** *Айтқанын істету, тіл алдыру.* **2.** ауыс. *Мойынсұндыру, бағындыру.*

**КӨНДІРЕРЛІК** сын. *Мойынсындырарлық, айтқанын істететіндей.*

**КӨНДІРТ=** ет. *Иландырту, айтқанды істету.*

**КӨНДІРТУ** *Көндірт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНДІРУ** *Көндір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айтқанын істету, иландыру.* **2.** *Мойынсұндыру, бағындыру.* **3.** *Бейімдеу, икемдеу.*

**КӨНДІРІЛ=** ет. *Бағындырылу, икемделділу.*

**КӨНДІРІЛУ** *Көндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНЕ** сын. **1.** *Тозығы жеткен, ескі.* **2.** *Бір кездерде болған, өтіп кеткен; бұрынғы, ежелгі.* **3.** ауыс. *Көпті көрген, тәжірибелі. // Көпті көрген адам.*

**Көне араб тіл білімі**. лингв. *Арабтар мен Араб халифатының қол астына қараған мұсылман елдерінде қалыптасқан тіл білімі.* **Көне ғасыр.** *Ертедегі дәуір, көне, бұрынғы заман.* **Көне дүние өнері**. тар. *Б.з.б. 1-мың жылдық пен б.з-дың 1 мың жылдығын қамтитын құлдық қоғам кезінде дамыған ежелгі гректер мен римдіктер өнері.* **Көне заман.** *Ежелгі дәуір, байырғы кез.* **Көне заман қоныстары**. археол. *Көне заманда гректер мен римдіктер шет жерлерде негізін қалаған қоныстар.* **Көне қыпшақ жазба ескерткіштері**. лингв. *11-16 ғ-да көне қыпшақ жазба ескерткіштері тақырыбына, мазмұнына қарай хроникалар, деректемелер, ісқағаздары, жылнамалар, насихаттар, филологиялық зерттеулер (грамматика, сөздік, анықтағыш) және дастан, проза түрінде қыпшақ тілінде жазылған еңбектер.* **Коненің көзі**. *Өткен өмірдің куәгері.* **Көне обалар**. археол. *Ежелгі дәуірлерден сақталған археологиялық ескерткіштер, жерлеу орындары.* **Көне өсиет**. діни. *Інжілдің ең ескі бөлімі, әр заманда айтылып, жазылған және мейлінше өзгертіліп, бұрмаланған ертедегі еврей әдебиетінің және фольклорының жинағы.* **Көне түркі жазба ескерткіштері.** тар. *Түркі руникалық жазба ескерткіштері, VII-IX ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер.* **Көне түркі жазуы.** лингв. *Қазақстан, Орталық Азия жерін бағзы заманнан мекендеген түркітілдес тайпалардың тұңғыш дыбыстық жазуы.* **Көне түркі тілдері.** лингв. *Осы күнгі түркі тілдерінің арғы тегі болып саналатын көне тілдер [Көне түркі тілдері қарым-қатынастық қызметін жоғалтқан, тек түркі халықтарының жазба ескерткіштері тілдерін білдіретін шартты термин болып табылады. Олардың өмір сүрген уақыты да, тараған жерлері де кең. Көне түркі тілдерінің алғашқы тілдерінің бірі – Орхон, Енесей алқаптарынан табылған ескерткіштер тілі].* **Көне түрік.** *Көне түркі.* **Көне тіл.** лингв. *Халықтың, ру-тайпаның өткен тарихи дәуірлерінде қарым-қатынас құралы болып қызмет қылған, ал қазіргі дәуірде өлі тілге айналған немесе жаңа тілдің негізі ретінде сақталып отырған тіл.* **Көне шұңқыр мәдениеті**. археол. *Қорған астындағы жерлеу шұңқырына байланысты аталған энеолит дәуірінен сақталған ескерткіштердің жиынтық атауы.*

**КӨНЕДЕЙ** сын. *Көпті көрген адамдай.*

**КӨНЕК[1]** зат. этн. *Ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие сауға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс. // Үлкен, ірі.*

**Көнегі жібіді**. *Арқа-басы кеңейді, тойынды.* **Көнегі керегеге ілінген**. *Азық-түліксіз қалған, жұтаған.* **Көнегін қайта киді**. *Таз қалпына түсті, бұрынғы күйіне көшті.* **Көнек желін**. *Сүтті, сүті көп.* **Көнектен өткен**. *Тәжірибесі мол, ысылған.* **Көнекті сырттан салды**. *Жалтарып бойын аулақ ұстады, жақындамады, жоламады.* **Көнекті сырттан сұрады**. *Мінез білдіріп, қыр көрсетіп жақындамады, жоламады.*

**КӨНЕК[2]** зат. мед. *Ісіп кететін ауру.*

**Көнек жара**. *Асқынып түйыққа тірелген мәселе.*

**КӨНЕК[3]** зат. этн. *Той-томалақта құдаларға табақ тартқанда алынатын кәденің түрі.*

**КӨНЕКӨЗ** сын. *Көп жасаған, көпті көрген, тәжірибесі мол.*

**Көнекөз [көне] қариялар.** *Көргені мен көңілге түйгені мол, көңілі зерек қарт кісілер.*

**КӨНЕ-КӨСКІ** зат. *Тозығы жеткен, ескі-құсқы.*

**КӨНЕКТЕЙ** сын. *Көнек сияқты үлкен, қомақты.*

**Көнектей болды [қылды].** *Кұп боп ісіп-кеуіп кетті.*

**КӨНЕКТЕП** үст. *Көнек-көнек етіп, көптеп.*

**КӨНЕКТЕУ** сын. *Дүрдиіңкіреген, көнектеу.*

**КӨНЕКІ** сын. сөйл. ***Көне.***

**КӨККЕКІРЕ** зат. өс. *Далалы жерлерде өсетін дәрілік шөптің бір түрі.*

**КӨНЕҚАЛА** зат. археол. *Бұрын қала болған және оның қалдықтары сақталған орын.*

**КӨНЕҚҰЛАҚ** сын. *Көп жасаған, көп нәрсені естіген, әртүрлі әңгімені көп білетін (қария).*

**КӨНЕҚҰНЖЫТ** зат. өс. *Далада өсетін дәрілік шөп.*

**КӨНЕЛЕ=** ет. *Ескірту, тоздыру.*

**КӨНЕЛЕН=** ет. *Ескіру, ескілену.*

**КӨНЕЛЕНУ** *Көнелен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНЕЛЕУ** сын. **1.** *Тозыңқыраған, ескілеу.* **2.** *Бұрын болған, ежелгі.*

**КӨНЕЛІК** зат. **1.** *Тозғандық, ескіргендік.* **2.** *Бұрынғы өткеннен қалған қалдық, ескілік.* **3.** *Көп жасап, ысылғандық, тәжірибесі молдық.*

**КӨНЕР=** ет. **1.** *Тозу, ескіру.* **2.** *Беттің әжімденіп, әрі кетуі.*

**Көнерген сөздер.** лингв. *Қазіргі тілде белсенді қолданылмағанмен, тілдің сөздік қорында сақталған, сол тіл өкілдеріне түсінікті сөздер.*

**КӨНЕРТ=** ет. *Тоздырту, ескірту.*

**КӨНЕРТУ** *Көнерт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНЕРУ** *Көнер етістігінің қимыл атауы; ескіру, тозу.*

**КӨНЕСІН=** ет. *Көнеге саналу, ескі деп есептеу.*

**КӨНЕСІНУ** *Көнесін етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНЕТОЗ** сын. **1.** *Ескірген, көнерген, тозған, киілген, ұсталған.* **2.** ауыс. *Шаршаған, жүдеген.*

**КӨНЕТОЗДАУ** сын. *Ескілеу, көнергендеу.*

**КӨНЕУ** зат. сөйл. ***Кенеу.***

**КӨНЕШІК** зат. *Көннен істелген табақ.*

**КӨНҚАУҒА** зат. жерг. *Түйенің тұтас көн терісінен жасалатын айрықша үлкен шелек сияқты, елу-алпыс литрлік көн тұтқалы ыдыс.*

**КӨНҚОТЫР** зат. *Мал терісінің жүні түсіп, беті қабыршақтанған кезі.*

**КӨНПИ=** ет. *Ісіну, көтерілу.*

**КӨНПИЮ** *Көнпи етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНПІС** сын. сөйл. ***Көнбіс.***

**КӨНПІСТІ** сын. сөйл. ***Көнбіс.***

**КӨНПІСТІК** зат. сөйл. ***Көнбістік.***

**КӨНСІ=** ет. *Ындыны құрғау, шөлдеу.*

**КӨНТАБАНДЫ** зат. зоол. <лат. tylopoda> *Табанында сүйелді қалың тері қабаты бар, аяқтары екі саусақты және ұшы мүйізді тырнақты болып келетін денелі сүтқоректілер.*

**КӨНТАҚ** зат. вет. *Мал терісінде болатын ауру.*

**КӨНТАҚА** зат. **1.** вет. *Қойдың арқасына иә құйрығына түсетін қотыр. //Көнтақа түскен, кұстенген.* **2.** *Терінің қажалуынан болатын сүйел, кұс. // Кепкен, мүлдем қураған.*

**КӨНТАҚАЛАН=** ет. *Қажалып сүйелдену, мүйіздену.*

**КӨНТАҚАЛАНУ** *Көнтақалан етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНТАҚЫМ: көнтақым болды.** *Көлікпен жүруге әбден үйренді, дағдыланды.*

**КӨНЕТАМЫР** сын. *Көп жасаған, жуан тамыр.*

**КӨНТЕ**: **көнте белбеу**. *Көн теріден жасалған қалың, жалпақ күдері белбеу.*

**КӨНТЕЙ=** ет. сөйл. ***Көнти.***

**КӨНТЕК**[1] зат. вет. *Малдың терісінде болатын қышыма, қотыр.*

**КӨНТЕК**[2] сын. *Ісіңкі, шығыңқы, көмпиген.*

**Көнтек ауыз.** *Борбиған, салпы ерінді, томпақ ауыз.* **Көнтек ерін.** *Қалың, дүрдиген ерін.*

**КӨНТЕКТЕЙ** сын. *Көнтек сияқты, қалың.*

**КӨНТЕКТЕУ** сын. *Көнтегірек, қалыңдау.*

**КӨНТЕРЛІ** сын. сөйл. ***Көнтерілі.***

**КӨНТЕРІ** зат. **1.** *Жүні қырылып, күнге қақталған тері. // Тотыққан, күнге, желге тиіп қарайған.* **2.** ауыс. *Әбден шыныққан, көнбіс адам.*

**КӨНТЕРІЛЕН=** ет. сөйл. *Төзімді болу, көнбістену.*

**КӨНТЕРІЛЕНУ** *Көнтерілен етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНТЕРІЛІ** сын. *Шыдамды, төзімді, салмақты.*

**КӨНТЕРІЛІК** зат. *Шыдамдылық, төзімділік, көнбістік.*

**Көтерілікке салынды.** *Шыдады, төзді.*

**КӨНТИ=** ет. **1.** *Ісу, томпаю.* **2.** *Дүрдию, қампию.*

**КӨНТИТ=** ет. *Дүрдиту, қомпайту, томпайту.*

**КӨНТИТУ** *Көнтит етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНТИЮ** *Көнти етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНТУЛАҚ**[1] зат. *Илеп кептірген мал терісінен жасалған төсеніш. // Арық, сартап (мал).*

**КӨНТУЛАҚ**[2] сын. *Көнбіс, төзімді.*

**КӨНТУЛАҚТА=** ет. *Әбден кептіру, қуратып жіберу.*

**КӨНТУЛАҚТАУ** *Көнтулақта етістігінің қимыл атауы.*

**КӨНТІК** сын. сөйл. ***Көнтек.***

**КӨНТІРСЕК** сын. *Аш-арық, жарымаған.*

**КӨНУ** *Көн етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айтқанды істеу, мойынсұну.* **2.** *Шыдау, төзу.*

**КӨН-ШАРЫҚ** <*ері қара (өгіз, жылқы, түйе) малдың илемеген мойын, сауыр, мойнақ т.б. терісінен жасалған ең қарапайым (орақ орғанда, шөп шапқанда, жаяу мал баққанда киетін) аяқ киімдердің бір түрі*>.

**КӨНШІ**: **көңілі көншіді.** *Разы болды, көңілі жай тапты, орнықты.*

**КӨНІГУ** *Көнік етістігінің қимыл атауы; бейімделу, икемделу.*

**КӨНІК=** ет. *Жаңа бір жағдайға бейімделу, икемделу, дағдылану.*

**КӨНІККІШ** сын. *Бейімделгіш, икемделгіш, дағдыланғыш.*

**КӨНІКТІ** сын. *Бейімделгіш, икемді.*

**КӨНІКТІР=** ет. **1.** *Жаңа жерге бейімдеу, жерсіндіру.* **2.** *Икемдеу, дағдыландыру.*

**КӨНІКТІРУ** *Көніктір етістігінің қимыл атауы; икемдеу, дағдыландыру.*

**КӨНІМДІ** сын. *Төзімді, шыдамды, көнгіш.*

**КӨНІМПАЗ** сын. *Көнгіш, келісімшіл, келіскіш.*

**КӨНІМПАЗДЫҚ** зат. *Көнгіштік, келісімшілдік, төзгіштік.*

**КӨНІМСІЗ** сын. *Көнбейтін, көнбес, төзбес.*

**КӨНІМСІЗДІК** зат. *Көнбейтіндік, төзбейтіндік.*

**КӨНІМШІЛ** сын. *Көнгіш, төзгіш.*

**КӨНІС** зат. *Көнгендік, мойынсұнғандық.*

**КӨНІС=** ет. *Көндігісу, мойынсұну.*

**КӨҢ**[1] зат. *Қордаланып қалыңдаған мал қиы.*

**Көң аударды [ойды].** *Қора тазалады.* **Көң қатса қалыбына.** *Адамның мінезі мен қылықтары негізіне тартпай қоймайды деген мағынада.* **Көң төгу.** *Егіс даласына топырақты құнарландыру үшін қи төгу (шашу).*

**КӨҢ**[2] зат. *Қалып қойған қоныс, жай, жұрт, қыстау.*

**КӨҢГЕ** зат. кәс. *Ау жиегі.*

**Көңге жіп.** кәс. *Ау торын арқалық пен табандыққа керіп байлайтын жіптер.*

**КӨҢГЕЙ** зат. кәс. *Аудың табандық, арқалықтарының жуан жіптермен жалғастырылған жіңішке жіптері.*

**КӨҢГЕЙЛЕ**[1]**=** ет. *Көлегейлеу, бүркеу, тасалау.*

**КӨҢГЕЙЛЕ**[2]**=** ет. *Торды аудың табандығына жалғастырып байлау.*

**КӨҢДЕЙ** сын. *Көң сияқты, көң тәрізді.*

**КӨҢДІ** сын. *Көңі бар, көңі көп.*

**КӨҢ-КӨПСІ** зат. *Көң-қоқыр; көң аралас қиқым-сиқым.*

**КӨҢ-КҮЛІМСІ** зат. сөйл. *Көң араласып, иістенген көң-көпсі.*

**КӨҢҚАРҒА**[1] зат. көне. *Жайлаудағы елдің ескі жұртына көшу кезі.*

**КӨҢҚАРҒА**[2] зат. зоол. *Көң-қоқыр, қоқысқа қонып қоректенетін қарға.*

**КӨҢҚАРҒАДАЙ** сын. *Көңқарға сияқты, көңқарға тәрізді.*

**КӨҢ-ҚОҚЫР** зат. **1.** *Қи аралас бықырсыған, шіріген шөп-шалам.* **2.** ауыс. *Ескі-құсқы, бағасыз нәрселер.* **3.** ауыс. *Теріс ой, арам ниет.*

**КӨҢ-ҚОҚЫРЛЫ** сын. *Көң-қоқыры бар, көң-қоқыр араласқан.*

**КӨҢ-ҚОҚЫС** зат. *Түрлі заттың иістенген сыпырындысы, қалдығы.*

**КӨҢ-ҚОҚЫР** зат. *Қора-қопсыдағы қат-қабат болып жиналып қалған малдың қиы, қобырап, ыбырсып жатқан қоқыр-соқыр заттар, сыпырынды, қоқым-соқым, шөп-шалам.*

**КӨҢ-ҚОРДА** зат. *Көң төгілген үйме жер.*

**КӨҢСУ** *Көңсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢСІ=** ет. *Күлімсі иістің шығуы.*

**КӨҢІЛ** зат. **1.** *Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар т.б.).* **2.** *Ынта, ықылас, ниет.* **3.** ауыс. *Қиял, арман.* **4.** ауыс. *Пейіл, ниет, ілтипат.*

**Көңіл азды.** *Жадап-жүдеу мағынасында.* **Көңіл айтты [айтысты].** этн. *Адам қайтыс болғанда, оның ағайын-туғанына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.* **Көңіл айту.** а) этн. *Қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша, жалпы ру, ауыл-ел, жеке үй немесе кісі басына түскен қайғы-қасірет, күйзеліс-шығын, өлім-жітімге байланысты көңілін білдіру салты.* ә) әдеб. *Дәстүрлі халық поэзиясының тұрмыс-салт жырлары тобындағы мұң-шер өлеңдерінің бір түрі.* **Көңіл аударды.** *Назар, зер салды.* **Көңіл аудару.** *Назар аударып, зейін қою.* **Көңіл ашты.** а) *Қуантты, сергітті, сүйсіндірді.* ә) *Сана-сезімді оятты.* **Көңіл бақшасы.** поэт. *Көңіл сарайы, ішкі сезім.* **Көңіл бекіді.** *Ой орнықты, алаңдамады.* **Көңіл берді.** а) *Берілді, бой ұрды, ден қойды.* ә) *Иланды, сенді.* **Көңіл босатысты.** *Шер тарқатысты.* **Көңіл бөлді.** *Назар аударды, зер салды.* **Көңіл бөлу.** *Бір нәрсеге назар аударып, мән беру.* **Көңіл бөліну.** *Назар аударылу.* **Көңіл бұрды.** *Назар аударды, зейін қойды.* **Көңіл білдірді.** а) *Сезімін білдіріп, ойындағысын айтты.* ә) *Басу айтты.* **Көңіл біратым насыбайдан да қалады.** *Көңіл, адамдар арасындағы қарым-қатынас өте нәзік, тез бұзылғыш деген мағынада.* **Көңілге әжім салды.** *Ренжітті, кейітті.* **Көңілге алды.** а) *Өзіне мақсат етті, ниет етті.* ә) *Ескерді, еледі.* б) *Өкпелеп қалды ренжіп қалды.* **Көңілге ауыр алды.** *Сөзді көтере алмады, ренжіді.* **Көңілге бекіту.** *Есте сақтау, жадында ұстау.* **Көңілге дік қылды [етті, тиді].** *Көңіліне алды, ренжіді.* **Көңілге [көкірекке] дық алды.** *Ренжіді, көңіліне ауыр алды.* **Көңілге [көкірекке] дық болды.** *Ренжіді, көңіліне қаяу түсті.* **Көңілге дық салды [келтірді].** *Көңілге қаяу түсірді, көңілін қалдырды.* **Көңілге дық түсті.** *Ренжіді, көңілі қалды.* **Көңілге жақты.** *Ұнады, ойынан шықты.* **Көңілге жалау болды.** *Медеу етіп, өсиет өнеге тұтты.* **Көңілге келді.** а) *Ауыр тиді, жанына қатты батты.* ә) *Ойына түсті, тіліне оралды.* **Көңілге кір жуытпады.** *Күдіктенбеді, ренжіспеді.* **Көңілге кір сақтады.** *Жүректе дық ұстады, кектенді.* **Көңілге кір түсірді.** *Жүрекке қаяу, реніш салды, дақ қалдырды.* **Көңілге қарады.** *Ренжіткісі келмеді, сыңайымен санасты.* **Көңілге қаяу түсірді [бар].** *Ренжітті, көңіліне кірбің салды [бар].* **Көңілге қиял салды.** *Ой салды, түрткі болды, ұсыныс айтты.* **Көңілге қонды.** *Нанымды, орынды болды, ойдан шықты.* **Көңілге қуат қылды.** *Жұбаныш етті, сүйеу етті.* **Көңілге қылау [дақ, дық, кірбің, қаяу ілінді] түсті.** *Ренжіді, реніш тапты.* **Көңілге медет [медеу] болды.** *Жұбаныш, таяныш болды; дәтке қуат болды.* **Көңілге нұр құйылды.** *Шаттанды, бақытқа бөленді.* **Көңілге салқын, көзге жат.** *Көзге қораш сүйкімсіз.* **Көңілге тоқ санады.** *Өзіне-өзі күш беріп, демеу етті.* **Көңілге тоқыды.** *Жақсылап түсінді, мықтап ойға сақтады.* **Көңілге түсті.** *Ойға келді.* **Көңілге тік келді.** *Ауыр тиді, қарсы келді.* **Көңілге ұялады.** *Ұнады, орынды көрінді.* **Көңілге шайтан кірді.** *Бұзылды, бүлінді.* **Көңілде бәрі сайрап тұр.** *Бәрі есте сақталған, өткеннің барлығы көз алдында, әлі есінде.* **Көңілдегі жерінен шықты.** *Ойлағанындай, діттегеніндей болды.* **Көңілде көлеңке қалмады [қалған жоқ]** *Ойда күдік болмады күдігі сейілді.* **Көңілінен шықты.** *Ойынан табылды, ұнады.* **Көңілден жоғалтты.** *Есінен шығарды, ұмытты.* **Көңілден орын тепті.** *Ұнады, ойынан шықты.* **Көңілден тыным кетті.** *Мазасызданды, көңілі көншімеді.* **Көңілден кір [дақ, дық, кірбің] арылды [кетті].** *Көңілде жүрген реніш, өкпе-наз тарқады.* **Көңілден кір кетті [арылды, ашылды].** *Көңілде жүрген өкпе-реніш, араздықтың, наразылық пен қаяудың ізі өшті.* **Көңілден қағаберіс қалды.** *Көңіл бөлінбеді, ескерілмеді, мән берілмеді, назардан тыс қалды.* **Көңіл делбеді.** жерг. *Көңіл тоқтатты, көңіл қойды.* **Көңілдері бітісті.** *Біріне-бірінің көңілі толды, риза болысты.* **Көңілді алаң етті.** *Көңілін, ойын бөлді; мазалады.* **Көңілді жырмен аулады.** *Жырмен көңіл көтерді, жұбатты.* **Көңілдің күнгейі.** бейн. *Шат-шадыман, бақытты шақ.* **Көңілдің күнесі.** бейн. *Қуанышты, жарқын шағы.* **Көңілдің құсы ұшты.** поэт. *Ой, қиялдың құйқылжуы туралы айтылады.* **Көңілдің түйығына малтыды.** бейн. *Сапырылысқан сезімдердің ішінде болды, небір көңіл-күйді басынан кешірді.* **Көңілде көлеңке қалмады.** *Ойда күдік болмады.* **Көңілде тот қалды.** *Көңіліне кірбің түсті, көңілді кір шалды. Көңіл күйі, көңілдің сазы, хошы.* **Көңілдің күні өшті.** *Үміт үзілді, қызығы таусылды.* **Көңілді тоздырды.** *Көңіліне қаяу салды, көңілін қалдырды.* **Көңілді тыншытты.** *Жайландырды, жанын жай таптырды.* **Көңіл жазды.** а) *Көңілде дық қалдырмады.* ә) *Бой сергітті, серуендеді.* **Көңілі жарасты.** *Бір-бірімен түсіністі, сыйласты, пікірлес болды.* **Көңіл жарастығы.** *Татулық, бірін-бірі тез ұғынушылық, жандары жақындық.* **Көңіл жарастыру.** *Бірін-бірі ұнату, көңіл қосу.* **Көңіл нәші.** *Көңіл күйі.* **Көңіл жұбатар.** *Демеу болар, алданыш етер.* **Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?** *Ұшқыр қиял туралы айтылады.* **Көңіл жылжиды.** *Басына әртүрлі ойлар келеді, көңіліне әр нәрсе оралады.* **Көңіл жыртпады.** *Біреудің қас-қабағына қарады, ренжітпеді, өкпелетпеді.* **Көңіл жіберді.** *Ықылас қойды, ілтипат етті.* **Көңіл көгіне үйірілген.** *Ойға бекем жиналған.* **Көңіл көзі.** *Ой, парасат, сана.* **Көңіл [көңілін] көтерді.** *Жадырады, ойын сергітті, көңілдендірді.* **Көңіл көтерерлік.** *Көңіл толарлықтай, риза болатындай, жаның сүйсінетіндей.* **Көңіл күй [сазы].** *Ішкі сезім, жан дүние, адамның зауқы, көңіл қошы.* **Көңіл күй лирикасы.** әдеб. *Ақынның тебіренсін толғанысын, сезімін білдіретін лириканың түрі.* **Көңіл күйіті.** *Көңіл күйі, көңіл хошы.* **Көңіл күйін күйттеді.** *Өз жайын, жан рақатын ғана ойлады.* **Көңіл кірледі.** бейн. *Көкіректі қайғы, уайым басты.* **Көңіл кірі.** *Ойда жүрген реніш, өкпе.* **Көңіл қазы, көз таразы.** *Адал ниет, әділ іс мағынасында.* **Көңіл қамалын алды.**

поэт. *Көңілінен шықты, көңілін көтерді.* **Көңіл қойды**. *Зер салды, назар аударды.* **Көңіл қос айтты.** этн. жерг. *Кісісі қайтыс болған үй ішіне көңіл айтты; қайғы-қасіретіне жұбаныш айтып, ниеттес көңілін білдірді.* **Көңіл қосты.** *Бір-бірін ұнатты, жарасты, қосылды; ерлі-зайыпты болды.* **Көңіл қошы**. *Көңілдің жай-күйі, шаттығы.* **Көңіл құсы**. *Арман, қиял.* **Көңіл налыды.** *Көңіл толмады, қатты ренжіді, назаланды.* **Көңіл назы.** *Көңілдің қалауы.* **Көңіл өксігі.** *Өкініш, реніш.* **Көңіл пернесі.** поэт. *Көңіл күйі.* **Көңіл салмады**. *Мән бермеді, ықыласы аумады.* **Көңіл соғу.** *Қалау, ұнату.* **Көңіл соқырлығы**. *Білімсіздік, надандық; сезімсіздік.* **Көңіл сүйер.** *Ең жақын, жақсы көрер, ұнатар адам, дос-жар.* **Көңіл тоғайтты**. *Көңіліне тоқ санады, көңілі толды.* **Көңіл тосабы.** поэт. *Мұң, уайым.* **Көңіл туады**. *Көңілі жарасады, үйлеседі.* **Көңіл хошы кемеліне келді**. *Риза болды, көңілі жай тапты.* **Көңілі ала**. а) *Ниеті, пиғылы дұрыс, түзу емес.* ә) *Ойы сан саққа жүгірген, әр нәрсені ойлаған.* **Көңілі алабұртты.** *Әрі-сәрі ойға қалды, дәйек таппады.* **Көңілі алаңдады [алаң болды]**. *Қобалжыды, бірдеңені күтумен болды.* **Көңілі алаңдады**. *Елегізіді, тынышы кетті, мазасызданды.* **Көңілі алып-ұшты.** *Қатты қуанды, тебіренді.* **Көңілі ауды**. а) *Ынтасы түсті, ниеттенді, көңілі кетті.* ә) *Ұнатты, жаратты, ғашық болды.* **Көңілі ашық, көзі өткір**. *Сауатты, білімді.* **Көңілі ашылды**. *Ой сергіп, шаттанды.* **Көңілі бар.** *Жақсы көреді, ұнатады.* **Көңілі басылды.** *Жаны жай тапты, тынышталды.* **Көңілі бекіді.** *Ойы орнықты, жай тапты.* **Көңілі бос**. *Көңілшек, елжірегіш.* **Көңілі босады**. *Мұңайды, қатты қобалжыды, жылағысы келді.* **Көңілі бостау.** *Көңілшек, жүрегі нәзік, әсершіл.* **Көңілі бөтен емес**. *Бойын алыс салмайды.* **Көңілі бұзық**. *Ойы арам.* **Көңілі бұзылды**. а) *Ниеті бұзылды, бөтен ойға келді.* ә) *Қамықты, елжіреді, қобалжыды.* б) *Ниет қылды, шешімге келді.* **Көңілі білді**. *Сезді.* **Көңілі бітті**. *Риза болды.* **Көңілі далада.** *Ойы басқа жақта.* **Көңілі даладай далиды.** бейн. экспр. *Жайбарақаттанып, масайрап пейілі кеңейді, жайсаңданды.* **Көңілі дал-дал**. *Жаны жаралы, қайғылы.* **Көңілі дауаламады**. *Батпады, батылы жетпеді.* **Көңілі елеуреді**. *Қиялы көтерілді, үміті артты.* **Көңілі елжіреді [еріді]**. *Жан-дүниесі босады.* **Көңілі енжар [қаяу]**. *Уайымы бар, жабырқаулы.* **Көңілі еріді**. *Елжіреді, мейірленді.* **Көңілі жабыңқы.** *Түр-пішіні мұңайған, жабырқаған, көңіл қошы жоқ.* **Көңілі жабырқады [жабықты, қамықты]**. *Қайғырды, көңілсізденді, көңілін кірбің шалды.* **Көңілі жадырады**. *Көңілденді, шаттанды.* **Көңілі жай [тоқ]**. *Қамсыз, уайымсыз, қайғысыз; жаны тыншып, рақаттанған күйде.* **Көңілі жай тапты [дауланды, демдеді, жайланды, орнықты, орнына түсті, сая тапты, тойды, тынды, тыншыды]**. *Дегені болды, ойындағысы болды, жаны жайланды, орнына түсті.* **Көңілі жақын [жақындау]**. а) *Көңілдес.* ә) *Ниеттес, сырлас, пікірлес.* **Көңілі жаңғырды**. *Шаттанды, шалқыды.* **Көңілі жарасты**. а) *Бірін-бірі ұнатты, көңіл қосты.* ә) *Алған ойына, ниетіне сай келді.* б) *Келісті, ұғынысты.* **Көңілі жарылды.** *Асып-сасып, не істерін білмей, ойы сан саққа жүгірді.* **Көңілі жарым [жарым көңіл]**. *Ойы бөлінген, қамкөңіл, көңілі алаң.* **Көңілі жарым [сынық], көзі жасты.** *Қайғы-қасіретті, уайымды.* **Көңілі жасыды**. *Мұңайды, уайымға батты.* **Көңілі желдей есті.** *Масаттанды, тасыды, шаттанды.* **Көңілі желікті**. *Көңілденді, жүрегі алып-ұшты.* **Көңілі жер [жердей] болды.** *Тауы шағылды, беті қайтты.* **Көңілі жетер.** *Сыйлас, ет жақын.* **Көңілі жетік [жетігірек], көзі ашық [ашығырақ]**. *Көңілі жетігірек, көзі ашығырақ. Саналы, көкірегі ояу.* **Көңілі жұбанды**. *Көңілі орнықты, жай тапты.* **Көңілі жұқарды.** *Уайым басты, қайғырды.* **Көңілі жүдеді**. а) *Уайымдады, қатты мұңайды.* ә) *Ренжіді, көңілі қалды.* **Көңілі жүдеп, жаны жадады**. *Өмірден торықты, жаны қажыды.* **Көңілі жүдеу**. *Көңілсіздеу, мұңайған.* **Көңілі жүдеу тартты.** *Жабырқады, мұңайды.* **Көңілі жүйрік**. *Зерделі, білгір, алғыр.* **Көңілі жібіді [жылыды, иіді]**. *Мейірі түсті.* **Көңілі келді**. *Қалады, ықыласы түсті.* **Көңілі керең [бітеу]**. *Сезімсіз, сезім-түйсіксіз деген мағынада.* **Көңілі кетті**. *Ықыласы ауды, ұнатты.* **Көңілі көбең**. *Жадау, тұнжыр, жабырқаңқы.* **Көңілі көкке ұшты**. *Көңілі өсті, шаттанды.* **Көңілі көкте, басы жерде**. *Менменсігін, өр көкірек.* **Көңілі көл-дария**. *Ақжарқын, кеңпейіл.* **Көңілі көлдей болды [шалқыды]**. *Көңілденіп, қуаныш кернеді.* **Көңілі көншіді**. *Жаны жай тапты, жүрегі орнықты.* **Көңілі көпшіктей көпсіді**. *Масаттанды, шаттанды.* **Көңілі көсем**. *Ықыласы мол, ынтасы ерекше, артық.* **Көңілі көтерілді**. *Шаттанды, қуанды.* **Көңілі көтеріңкі**. *Көңілді, шат.* **Көңілі көшкен жұрттай құлазыды**. *Көңілі жасыды, мұңайды, жабырқады, қапаланды.* **Көңілі күпті**. а) *Сенімі аз, күмәнді.* ә) *Ренішті, мұңды-шерлі.* **Көңілі кір.** а) *Көңілі жабырқаңқы, қайғылы.* ә) *Ниеті жаман, арам.* **Көңілі кірбең тартты**. *Көңіліне қаяу түсті, қабағы кіржиді.* **Көңілі қабарды**. *Қам көңіл, пәс, не болса соған ренжи берді.* **Көңілі қайтты [қалды, суыды, суынды]**. *Ренжіді, тауы шағылды, өкпеледі.* **Көңілі қалағанынша.** *Барынша, қанағат-танғанша.* **Көңілі қалады**. *Ұнатты, көңілінен, ойынан шықты.* **Көңілі қалды.** *Өкпеледі, ренжіді, көңілі суыды.* **Көңілі қамсыз**. *Ештеңе ойламайтын.* **Көңілі қамырықты**. *Қайғырды, уайымдады.* **Көңілі қарайды**. *Түңілді, торықты, күдер үзді.* **Көңілі қараңғы тартты [қарап болды]**. *Іш құса болды, қатты қамықты.* **Көңілі қарау**. *Арам ниетті.* **Көңілі қаяу [қаяулы]**. *Көңілінде жайсыздық, алаңдаушылық бар.* **Көңілі қаяулы.** *Көңілге дақ түскен, құлазыңқы, ренжулі.* **Көңілі қорықты [мұздады]**. *Іштей шошыды, үрейленді.* **Көңілі құлазыды [ойсырады, үңірейіп қалды]**. *Бәрінен айырылғандай көңілсізденді, түңілгендей болды, жалғызсырады.* **Көңілі май ішкендей кілкіді**. *Қобалжыды, көңілі дауаламады.* **Көңілі мамыр болды.** *Көңілі жайланды.* **Көңілі мас.** *Дандайсыған, көкірегін керген.* **Көңілі наразы.** *Іштей қолдамады, ырза болмады.* **Көңілін аққа берді [ұйытты]**. *Адал ойлады, адалдыққа жорыды.* **Көңілін алды**. *Ойынан шықты.* **Көңілін аулады [алдады]**. *Көңілін тауып, жұбаныш болды.* **Көңілін ауыртты**. *Қатты қынжылтты, ренжітті.* **Көңілін ашты**. *Сана-сезімді оятты.* **Көңілін басты**. а) *Желігін басты, бетін қайтарды.* ә) *Көңілін тынышты.* **Көңілін бекітті**. а) *Іштей тебіренуі басылды, жайланды.* ә) *Тоқтамға келді.* **Көңілін биледі**. *Өзін-өзі ұстады, тежеді.* **Көңілін бір демеді**. *Тынышталды, көңілі орнықты.* **Көңілін қабарту.** *Жабырқату, көңілін қалдыру.* **Көңілінде бір дық кетті**. *Өкпе-ренішін ішінде сақтап, өзімен ала кетті.* **Көңіліндегі діті**. *Ойындағы арманы, айтпақшы болған сыры.* **Көңілінде дығы бар.** *Ренжулі, ренішті, көңілінде кірбіңі бар.* **Көңілінде дық кетті.** *Ренжіп кетті, көңілі қалды.* **Көңілінде [көкірегінде] кіршік жоқ.** *Адал, пәк, арамдығы жоқ.* **Көңілінде сайрап тұр**. *Бәрі жадында, есінде түгел сақталған.* **Көңілінде татауы жоқ.** *Көңілі таза, ақниет (адам).* **Көңіліне ақтық салды**. *Көңіл жұбатты, көңіл аулады.* **Көңіліне арамдық түсті.** *Қастық ойлады, жаман ойын ішінде сақтады.* **Көңіліне дық [қаяу, дақ, кір, жара] түсірді, [салды]**. *Ренжітті, наразы қылды.* **Көңіліне діт сақтады**. *Реніш ойынан кетпеді.* **Көңіліне дік тиді.** *Көңіліне ауыр тиді, көңіліне келді.* **Көңіліне жақты.** *Ойынан шықты, жаратты, көңілінен шықты, ұнады.* **Көңіліне жел берді**. *Рух, қайрат беріп, желпінтті.* **Көңіліне жел бітті**. *Шаттық пайда болды.* **Көңіліне желік енді**. *Қуаныш пайда болды, масайрады.* **Көңіліне күдік алды.** *Бірдеңеден секем алды, күмәнданды.* **Көңіліне кіді алып қалды**. *Өкпеледі, ренжіді, жабырқанды.* **Көңіліне кідік алды**. *Секем алды, күдіктенді.* **Көңіліне кірбің алды**. *Ренжіді, өкпеледі, дық санады.* **Көңілге кірбің түсірді.** *Жүрекке қаяу салды, ренжітті.* **Көңіліне кір сақтамады**. *Кек тұтпады.* **Көңіліне қарады**. *Райын бақты, жай-жапсарын байқады, ренжітпеуге тырысты.* **Көңіліне қара шапты**. *Арам ой келді, қастандық ойлады.* **Көңіліне қаспақ тұрып қалды.** *Көңілі қалды, көңілін кірбің шалды, ренжіді.* **Көңіліне қасірет құйды.** бейн. *Жүрегін шерге толтырды, жанын азаптады.* **Көңіліне қиял кірді.** *Ой келді, зауқы соқты.* **Көңіліне қобалжу кірді.** *Алаңдады, тынышы кетті, күдік енді.* **Көңіліне қобалжу салды.** *Алаңдатты, қобалжытты.* **Көңіліне қондыру**. *Сенімін ұялату, сендіру.* **Көңіліне мұң кіргізді.** *Көңілін алаңдатты, уайымға салды.* **Көңіліне түйді [тоқыды]**. *Санасына мықтап сіңірді.* **Көңіліне түйін түсті [қайғы толды]**. *Жүрегіне дерт, құса ұялады; жүрегіне дерт байланды.* **Көңіліне ұнады [жақты, үйлесті]**. *Жаратты, жақсы көрді, ойына сай келді.* **Көңіліне шаттық орнады**. *Қуанды, көңілін қуаныш кернеді.* **Көңілін жай таптырды**. *Қуантты, риза етті.* **Көңілін жұбатты**. *Тоқтау айтты, басты.* **Көңілін жықпады [жыққысы келмеді]**. *Көңіліне қарады, ренжітпеді.* **Көңілін жылытты.** *Көңілге жылу ұялатты, көңілдендірді.* **Көңілін жыртпады [жықпады]**. *Ренжітпеді, қапа етпеді, бетін қайтармады.* **Көңілін жібітті.** *Мейірлендірді, мейірін түсірді.* **Көңілін көлегейледі.** *Ойға қалдырды, қайғыртты.* **Көңілін көншітті.** *Жанын жай таптырды, тыныштандырды, тынышты.* **Көңілін күпті қылды**. *Күдік тудырды, мазалады.* **Көңілін кір басты.** *Жаны жүдеу тартты, жабырқады; сары уайымға салынды.* **Көңілін қайтарды.** *Меселін қайтарды, ренжітті.* **Көңілін қалғызды.** сөйл. *Көңілін қалдырды.* **Көңілін қалдырды.** *Ренжітті, өкпелетті.* **Көңілін қимады.** *Ренжіткісі келмеді, меселін қайтармады.* **Көңілін өсірді.** *Марқайтты, масаттандырды, шаттандырды.* **Көңілін салды.** *Ден қойды, назарын аударды.* **Көңілін суытты.** *Тауалын қайтарды, айнытты.* **Көңілін сап қылды.** *Риза етті, ойындағысын тапты, көңілін жай таптырды.* **Көңілін сұрады.** *Науқастың жай-күйін білді, хал-жайынан хабар алды.* **Көңілін табу.** *Ойынан шыға білу, көңілін аулау.* **Көңілін тар ұстады**. *Ниеті, пейілі тарылды.* **Көңілін тындырды**. *Разы қылды, тілегін орындады.* **Көңілін ұйытты.** *Сөзіне сендірді, көндірді.* **Көңілін хош алды**. *Риза болды, көңіл көтерді.* **Көңілі орнықты.** *Көңілі жайланды, жаны жай тапты.* **Көңілі орнына түсті.** *Ойындағысы орындалды, жаны жай тапты.* **Көңілі ортайды.** *Көңілсіздік басты, көңілі қалды.* **Көңілі оянды.** *Жадырады, сергіді.* **Көңілі өсті**. *Шаттанды, жадырады, марқайды.* **Көңілі өсік.** *Көңілді, көңілі көтеріңкі.* **Көңілі пәс**. а) *Көңілсіз, алаңдаулы, қобалжулы.* ә) *Арам ойлы, пікірі теріс.* **Көңілі сап болды** *Ойындағысы орындалды, көңілі орнықты.* **Көңілі сегіз саққа жүгірді.** *Алаң болды, мың құбылды, сан өзгерді.* **Көңілі селт етпеді.** *Көңіл күйі жоқ, көңілі көтерілмеді, еш нәрсеге зауқы болмады.* **Көңілі сергіді**. *Бой жазып, жадырады, көңілденді.* **Көңілі соқпады**. *Ұнатпады, немқұрайлы болды.* **Көңілі соқыр**. *Еш нәрсені аңдамас, ойсыз, мақсатсыз.* **Көңілі сөгілді.** *Аһ ұрды, қатты өкінді.* **Көңілі судай [дариядай] тасыды**. *Шектен тыс рақаттанды, масаттанды.* **Көңілі су сепкендей басылды**. *Алабұртқан көңілі бірден тыйылды құлазып сала берді.* **Көңілі сынды**. *Жабырқады, налыды.* **Көңілі тасыды [шалқыды]**. *Шаттанды, қуанышқа бөленді.* **Көңілі тетік.** *Ойлы, саналы деген мағынада.* **Көңілі тойды.** *Сүйсіне разы болды.* **Көңілі тоймады.** *Қанағат етпеді, риза болмады.* **Көңілі тоқ**. *Алаңсыз, бейқам, көңілі хош, жайлы.* **Көңілі тоқырады**. *Көңілі түсті, тауы шағылды.* **Көңілі тоқырамады**. *Бірдеңеге қанағаттанбады, көңілі көншімеді.* **Көңілі тоқырау.** *Көңілі түсу, көңілі су сепкендей басылу.* **Көңілі толды**. *Разы болды, қанағаттанды.* **Көңілі торықты [тарықты]**. *Қам көңіл болды; түңілді.* **Көңілі түзу**. *Ықыласы дұрыс, ниеті оң.* **Көңілі түршікті**. *Зәресі ұшты, қорықты.* **Көңілі түсті.** *Ойы болды, ниет етті, қалады.* **Көңілі тынды [тыншыды]**. *Ойындағысы болып, сабасы-*

*на түсті, жаны жай тапты.* **Көңілі тыныш.** *Жайбарақат, мазасыз.* **Көңілі тірі.** *Саналы, сезімді.* **Көңілі хош болды [көңілдің хошы түсті].** *Жақсы көңіл күйде болды, көңілі жай тапты, риза болды.* **Көңілі шайлықты.** *Беті қайтты, жүрегі тұршікті.* **Көңілі шамдай жарық.** *Санасы нұрлы, білімге зерек, көңіл көзі ашық.* **Көңілі шапты.** а) *Қызықты, құмартты.* ә) *Тәбеті тартты.* **Көңілі шат.** *Көңілі көтеріңкі, қуанышты.* **Көңілі шер болды.** *Көңілі қайғыға толды, уайымға батты.*

**КӨҢІЛАЛДАНАРЛЫҚ** сын. *Ермек етерлік, алданыштық.*

**КӨҢІЛАЛДАС** сын. *Алдандыратын, көңіл аулатып, алдаусыратратын.*

**КӨҢІЛАУДАРАРЛЫҚ** сын. *Мәні зор, маңызды, санасарлық.*

**КӨҢІЛАШАР** сын. *Сергітер, шаттандырар.*

**КӨҢІЛДЕЙ** сын. *Көңіл сияқты, көңіл тәрізді.*

**КӨҢІЛДЕН=** ет. **1.** *Шаттану, қуанышқа бөлену.* **2.** *Жадырау, көңілі көтерілу, жайраңдау.*

**Көңілденіп сала берді.** *Бірден жадырай түсіп, жайраңдады.*

**КӨҢІЛДЕНДІР=** ет. *Шаттандыру, көңілін көтеру.*

**КӨҢІЛДЕНДІРУ** *Көңілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢІЛДЕНУ** *Көңілден етістігінің қимыл атауы; қуану, шаттану.*

**КӨҢІЛДЕНІС=** ет. *Көңілдерін көтерісу.*

**КӨҢІЛДЕНІСУ** *Көңілденіс етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢІЛДЕС** сын. **1.** *Ниеттес, тілегі бір, көңілі жақын.* **2.** *Пікірлес, сырлас.* **3.** ауыс. *Көңілі жақын, ашына.*

**КӨҢІЛДЕСТЕУ** сын. *Көңілі жақындау.*

**КӨҢІЛДЕСТІК** зат. **1.** *Ниеттестік, тілектестік, пікірлестік.* **2.** ауыс. *Ашыналық, көңіл жақындық.*

**КӨҢІЛДІ** сын. **1.** *Қуанышты, шат-шадыман.* **2.** *Қызықты, сауықты.* **3.** *Жан дүниені тербетер, әсем, сазды.*

**КӨҢІЛДІК** зат. ***Көңілділік.***

**КӨҢІЛДІЛЕУ** сын. *Қуанышты, жайдарылау.*

**КӨҢІЛДІЛІК** зат. *Қуаныштылық, жайдарылық.*

**КӨҢІЛДІРЕК** сын. **1.** *Жайдарылау, көңілділеу.* **2.** *Қызықтырақ.*

**КӨҢІЛЖЕТЕР** сын. *Аралас-құралас, жақын (ағайын, туыс, дос).*

**КӨҢІЛЖҮЙРІКТІК** зат. бейн. **1.** *Қиялшұқырлығы.* **2.** *Зеректік, көргендік.*

**КӨҢІЛЖЫҚПАС** сын. *Ренжітпейтін, бет қайтармайтын.*

**Көңілжықпас, көйлек жыртпас.** *Біреудің қас-қабағына қарап, көңілін қалдырмайтын адам!*

**КӨҢІЛЖЫҚПАСТЫҚ** зат. *Көңілін қимаушылық, көңілге қараушылық.*

**КӨҢІЛҚИМАС** сын. *Аса қымбатты, қадірменді, аяулы.*

**КӨҢІЛМАСТЫҚ** зат. бейн. *Массатанушылық; дандайсушылық, астамшылыққа салынушылық.*

**КӨҢІЛСІЗ** сын. **1.** *Зауқы жоқ, ықылассыз.* **2.** *Қызықсыз, сауықсыз.* **3.** *Жабырқау, шабытсыз, жадау. //Жабырқау ұнжырағаған адам.*

**Көңілсізден к...сіз бала туады.** *Ынтасыз адамның ісі шала болады.*

**КӨҢІЛСІЗДЕН=** ет. *Жабырқау, ұнжырғасы түсу, еш нәрсеге зауқы болмау.*

**КӨҢІЛСІЗДЕНДІР=** ет. *Жабырқату, ұнжырғасын түсіру.*

**КӨҢІЛСІЗДЕНДІРУ** *Көңілсіздендіру етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢІЛСІЗДЕНУ** *Көңілсізден етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢІЛСІЗДЕУ** сын. **1.** *Ықылассыздау, немқұрайдылау.* **2.** *Жабырқау, жадау.*

**КӨҢІЛСІЗДІК** зат. **1.** *Ықылассыздық, немқұрайдылық.* **2.** *Жабырқаулық.*

**КӨҢІЛШЕК** сын. *Кісі көңілін жықпайтын, көңіл қимас, көңілі бос. // Кісі көңілін жықпайтын адам.*

**КӨҢІЛШЕКТЕУ** сын. *Көңіл жықпайтын, көңілі бостау.*

**КӨҢІЛШЕКТІК** зат. *Көңіл бостық, көңіл қимастық.*

**КӨҢІРКЕ=** ет. жерг. *Бықсу, көңірсу.*

**КӨҢІРСЕК** сын. *Жағымсыз, иісті.*

**КӨҢІРСУ** *Көңірсу етістігінің қимыл атауы.*

**КӨҢІРСІ=** ет. **1.** *Қоңырсып жаман, жағымсыз иіс шығу.* **2.** *Босаңсу, бусану.* **3.** ауыс. *Құлпыру, жайнау, жарасу.*

**КӨҢІРСІК** сын. *Қоңырсыған сасық, бықсық (иіс).*

**КӨҢІРСІТ=** ет. **1.** *Отты бықсыту, қоңырсыту.* **2.** ауыс. *Орынсыз сөзді бастау, бірдеңенің шетін шығару.*

**КӨҢІРСІТУ** *Көңірсіт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨП** үст. **1.** *Мол, қыруар. // Халық, көпшілік, жұртшылық.* **2.** *Едәуір, бірсыпыра.* **3.** *Ұзақ, талайға дейін.*

**Көп баспалдақты әкімшілік.** *Бірнеше бағыныты инстанциялардан тұратын әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі.* **Көп болды.** *Артық болды, артық саналды.* **Көп болса.** *Мықтағанда, әрі кеткенде.* **Көп жағдайда.** *Көбіне-көп, көбінесе.* **Көп жаса!** алғыс. *Ғұмырлы бол, өмірің ұзақ болсын.* **Көп жасағыр [мың жасасын].** тілек. *Ұзақ өмір сүр, өмір жасың ұзақ болсын.* **Көп жасады.** *Ұзақ өмір сүрді.* **Көп ит.** бейн. *Соқыр көңіл иелері, тобыр.* **Көп [көпті] көрген.** *Өмірдің жақсы-жаманын басынан кешірген.* **Көпке топырақ шашты.** *Көпшілікке қарсы шықты.* **Көп кешікпей.** *Көп ұзамай, шамалыдан кейін, сәлден соң, артынан-ақ.* **Көп киіс берді.** *Ұзақ киюге жарады, шыдады.* **Көп кіндікті.** *Бірнеше жерден басқарылатын, орталығы көп.* **Көп қатынды.** *Бірнеше әйелі бар.* **Көп [қос] қатын алушылық.** этн. *Өз әйелінің үстіне тағы бір немесе одан да көп әйел алушылық.* **Көп нүкте.** лингв. *Айтылмай, түсіп қалған ойды, аяқталмай қалған сөйлемді т.с.с. білдіру үшін қойылатын тыныс белгі.* **Көп орайда.** *Көбінесе, негізінен, көп жағдайда.* **Көп өлшемді кеңістік.** *Өлшемі үштен артық кеңістік.* **Көппен көрген ұлы той.** *Не болса да, елден бөлектенбей, қиыншылықты елмен бірге көрген дұрыс деген мағынада.* **Көп пернелі домбыра.** *Пернесі 9-дан көп жаңа домбыра түрі.* **Көпті көрген кісі.** *Көрген-білгені мол, көпті білетін көнекөз адам.* **Көптің аузын күзетті.** *Сөз аңдыды, сөз бақты.* **Көптің байлаған ісі.** бейн. *Көпшіліктің шешімі, көп болып ақылдасып табылған шара.* **Көптің бірі емес.** *Орны бөлек, сыйлы, қатарынан озық тұрған адам.* **Көптің дүрмегі.** *Көптің ауаны, жұрт сарыны, халықтың беті.* **Көптің ығында болды.** *Көптің арасында, панасында жүрді.* **Көп шуылдақ.** *Қарапайым көпшілік, тобыр.*

**КӨП-АЗША** үст. көне. *Аракідік, аз да емес, көп те емес, әртүрлі деңгейде.*

**КӨПАРНАЛЫ: көпарналы байланыс.** әск. *Арнайы аппаратура көмегімен байланыстың бірсымды сызығы арқылы бір мезгілде бірнеше сөйлесуді жүзеге асыратын байланыстың түрі.*

**КӨПАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. myriapoda> *Буын аяқтылардың бір класына жататын, дене пішіні құрт тәрізді бунақты, бірнеше аяғы бар жәндіктер.*

**КӨПӘЙЕЛДІЛІК** зат. *Көп әйел алушылық.*

**КӨПБАЛАЛЫ** сын. *Туған баласы көп, үбірлі-шүбірлі.*

**КӨПБЕЙІНДІ** сын. мед. *Көп салалы, көп жақты.*

**КӨПБУДАНДЫЛЫҚ** зат. биол. *Бірбірінен бірнеше белгілер бойынша ерекшеленетін даралықтарды жұптастыру нәтижесінде алынған гетерезиготты будан.*

**КӨПБҰРЫШ** зат. геом. *Кез келген тұйық сынық сызық.*

**КӨПВЕКТОРЛЫ: көпвекторлы саясат.** саяси. *Бірнеше бағыт-бағдарды, көпжақты бағытты ұстанатын саясат.*

**КӨПДАУЫСТЫ** сын. муз. *Бірнеше дауысты, бірнеше музыканы қамтыған.*

**КӨПЕ** зат. жерг. ***Көпене.*** *Шөмеледен кішілеу астық, шөп үйіндісі.*

**КӨПЕЙ** сын. **1.** *Кеш туылған, кенже туылған (төрт түлікке қатысты).* **2.** *Әлжуаз, әлсіз.*

**Көпей қозы.** *Кеш туған, кенжелеп туған қозы.*

**КӨПЕЙІРЕК** сын. *Кенжелеу, кішірек.*

**КӨПЕК** сын. *Тапал, ұсақ.*

**КӨПЕ-КӨРНЕУ** үст. *Көз алдында, ашықтан-ашық, көрінеу көзге.*

**КӨПЕН** зат. өс. *Көкшіл түсті гүлі бар, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**КӨПЕНЕДЕЙ** сын. *Көпенеге жуық, көпене сияқты.*

**КӨПЕНЕЛЕ=** ет. *Шабылған шөпті кішігірім етіп үю, шөмелелеу.*

**КӨПЕНЕШІ** зат. *Шөпті үйіп, шөмеле жасайтын адам.*

**КӨПЕС** ор. зат. тар. *Жекеменшігінде сауда жасау үшін өнім беретін кәсіпорны бар ірі саудагер.*

**КӨПЕСШЕ** үст. *Көпеске ұқсап, көпес сияқты.*

**КӨПЕСІМСІ=** ет. экспр. *Көпес екенін мақтан ету, көпес болғансу.*

**КӨПЖАҚ** зат. геом. *Бірнеше шектеулі көпбұрыштан құралған бет.*

**Көпжақтың жазбасы.** матем. *Берілген көпжақты алу үшін оның қабырғалары мен төбелері бойынша жапсыру тәртібі көрсетілген көпбұрыштардың жиыны*

**КӨПЖАҚТЫ** сын. *Жан-жақты.*

**КӨПЖАҢҒАҚША** зат. бот. <лат. multinucula> *Бір-бірімен бірікпеген, ұсақ жаңғақшалардан құралған, қақырамайтын құрғақ жеміс.*

**КӨПЖАПЫРАҚША** зат. бот. <лат. multifolliculus> *Өзара бірікпейтін бірнеше жапырақ пішінді жемісшелерден тұратын, бауыр жігінен ашылатын құрғақ жеміс.*

**КӨПЖЫЛДЫҚ** сын. бот. *Екі жылдан артық тіршілік ететін, жыл сайын гүлдеп, жеміс беретін ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер.*

**Көпжылдық дақылдар.** егіншар. *Бірнеше жыл бойы өсе беретін дақылды өсімдіктер.*

**КӨП-КӨГІЛДІР** сын. сөйл. *Ашық көк.*

**КӨП-КӨПТЕН** үст. *Молынан, көбінен.*

**КӨП-КӨРІМ** сын. жерг. *Әжептеуір, жап-жақсы.*

**КӨПКҮНДІК** зат. жаңа. *Бірнеше күнге созылатын жарыс, шара.*

**КӨПҚАБАТТЫ** сын. *Бірнеше қабаттан тұратын.*

**КӨПҚҰДАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Әртүрлі заттар мен құбылыстарға табынушылық.*

**КӨПҚҰДАЙШЫЛ** сын. *Түрлі заттар мен құбылыстарға табынғыш.*

**КӨПҚЫРЛЫЛЫҚ** зат. *Әр алуандық, күрделілік.*

**КӨПМӘДЕНИЕТТІ** сын. *Қатар дамыған әр алуан мәдениетке қатысты.*

**КӨПМҮШЕ** зат. мат. *Қосу не азайту белгілері арқылы берілетін бірнеше бір мүшеден құралған алгебралық өрнек.*

**КӨПМІНДЕТТІЛІК** зат. инф. *Операциялық жүйенің бір мезгілде бірнеше тапсырманы өңдеуге мүмкіндік беретін дербес компьютердің жұмыс режимі.*

**КӨПНОҚАТ** зат. зоол. *Дене тұрқы 7–9 см болатын, басын төмен салып жүзетін балық.*

**КӨПОСЬТІ** сын. техн. *Бірнеше білікті.*
**КӨППАЛАТАЛЫ** сын. қоғ-саяси. *Бірнеше палатадан тұратын.*
**КӨППАЛАТАЛЫЛЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *Көп палатадан тұратындық.*
**КӨППАРТИЯЛЫ** сын. *Екі немесе одан көп партиядан тұратын.*
**КӨППАРТИЯЛЫЛЫҚ** сын. қоғ.-саяси. *Екі немесе одан да артық партиядан тұратындық.*
**КӨППӘТЕРЛІ** сын. *Бірнеше пәтерден тұратын.*
**КӨППЕ** сын. *Мақтаншақ, бөспе, кұпсіме. // Мақтаншақ, бөспе адам.*
**КӨППОЛИПЛОИДТІЛІК** зат. биол. *Ағза жасушаларында хромосома жиынтығының артуынан пайда болатын, тұқым қуалайтын өзгергіштік.*
**КӨППРОЦЕССОРЛЫҚ: көппроцессорлық өңдеу.** инф. <ағыл. multiprocessing> *Көп микропроцессорлы компьютерлерде бір мезгілде екі немесе одан да көп тапсырмаларды әртүрлі процессорларда атқару.*
**КӨПСАЙЫС** зат. спорт. *Спорттық ойынның бірнеше түрі (жүгіру, секіру т.б.) біріктіріле, бірден өтілетін жарыс.*
**КӨПСАЛАЛЫ** сын. *Әр жақты, жан-жақты.*
**КӨПСАТЫЛЫ** сын. *Бірнеше сатыдан тұратын.*
**Көпсатылы көлтабан.** сушар. *Су тоқтатқыш бөгетшелері бір-біріне қатарласып, сатылы түрде келетін көлтабанның түрі.* **Көпсатылы құлама.** сушар. *Судың жоғары деңгейінен төменгі табанына дейін бірнеше бөлшекке бөлінген су құламасы.* **Көпсатылы ракета.** әск. *Әрқайсысының жеке отынды қозғалтқышы мен басқару тетігі бар бірнеше жекелеген бөліктен тұратын ракета.*
**КӨПСӨЗДІ** сын. *Көп сөйлейтін, сөзуар, мылжың.*
**КӨПСӨЗДІЛІК** зат. *Оңды-солды көп сөйлейтіндік, бөспелік.*
**КӨПСУ** *Көпсі етістігінің қимыл атауы.*
**КӨПСҮЙЕКТІ** сын. бот. <лат. multidrupa> *Өзара бірікпейтін бір гүлдегі жеке орналасқан аналықтан түзілген, ішінде бір ғана тұқымы бар сүйекті жемісшелерден тұратын.*
**КӨПСІ=** ет. **1.** *Көтерілу.* **2.** *Қопсу, кұпсек болу.* **3.** *Бөрту, ісіну.* **4.** *Кұлтелену, ұлпалану, ұлпілдеу.* **5.** *Көпіршу, шым-шым ету.* **6.** *Бұрқырау, борпылдау.* **7.** *Бусану.*
**КӨПСІК** сын. *Көпсіген, ұлпаланған, борпылдақ.*
**КӨПСІМЕ: көпсіме көбік қар.** *Жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған еспе қар.*
**КӨПСІН=** ет. *Көп көру, артық деп санау.*
**КӨПСІНУ** *Көпсін етістігінің қимыл атауы.*
**КӨПСІНУШІ** зат. *Көп көруші, көп деп санаушы.*
**КӨПСІТ=** ет. **1.** *Аударып, қопару, қопсыту* **2.** ауыс. *Асыра айту.*
**КӨПСІТУ** *Көпсіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аудару, қопару, қопсыту.* **2.** ауыс. *Асыра сөйлеу.*
**КӨПСІТІЛ=** ет. *Аударылу, қопсытылу..*
**КӨПТЕГЕН** үст. *Бірқыдыру, бірталай, едәуір.*
**КӨПТЕЙ** үст. *Көпке балап, көп секілді.*
**КӨПТЕН** үст. *Баяғыдан, ертеден, ежелден.*
**Көптен бері.** *Бірсыпырадан, талайдан.*
**КӨПТЕНГІ** үст. сөйл. ***Көптен бергі.***
**КӨПТЕП** үст. *Молынан, көп етіп.*
**КӨПТЕП-КӨЛЕМДЕП** үст. *Жабыла кірісіп, бас қосып.*
**КӨПТЕП-КӨМЕКТЕП** үст. *Баршасы бірігіп, қауымдасып, көптеп-көлемдеп.*
**КӨПТЕС=** ет. *Көп болысу, бірлесу.*
**КӨПТЕУ** сын. *Молырақ, көбірек.*
**КӨПТЕУІЛ** зат. көне. әск. *Түнгі қарауыл.*
**КӨПТОМДЫ** сын. *Бірнеше томнан тұратын.*
**КӨПТОМДЫҚ** зат. әдеб. *Бірнеше томнан тұратын шығармашылық еңбек, шығармалар жинағы.*
**КӨПТІ-АЗДЫ** үст. сөйл. ***Азды-көпті.***
**КӨПТІК** зат. *Молдық, баршылық.*
**Көптік жалғау**. лингв. *-Лар -лер... аффикстері жалғанған, сөзге көптік мағына үстейтін қосымша.*
**КӨПТІЛДІ** сын. *Бірнеше тілде сөйлейтін, бірнеше тілді қамтитын.*
**КӨПТІЛДІЛІК** зат. *Бірнеше тілді қамтушылық, бірнеше тілде сөйлеушілік.*
**КӨПТІР=** ет. *Түймедейді түйедей етіп, молайтып, асырып айту.*
**КӨПТІРМЕ** сын. *Бос сөзді, бөспе.*
**КӨПТІРМЕЛЕУ** сын. *Бөспелеу, бос сөзділеу.*
**КӨПТІРУ** *Көптір етістігінің қимыл атауы; асыра айту.*
**КӨПТІСТІ: Көптісті жертесер.** зоол. <лат. suncus etruscus> *Жертесердің сирек кездесетін түрі.*
**КӨПҰЛТТЫ** сын. *Бірнеше ұлт өкілдерінен құралған.*
**КӨПШЕ** сын. *Көптікке тән, көпке қатысты.*
**КӨПШЕЛЕН=** ет. лингв. *Көптік форманы қабылдау.*
**КӨПШІК** зат. *Ішіне жүн, мамық салынған, өрнектелген төртбұрышты жұмсақ жастық.*
**Көпшік қойды**. *Өтірік дәріптеді; дем берді.*
**КӨПШІК-КӨРПЕ** зат. жерг. *Көрпе-жастық, төсек-орын.*
**КӨПШІКҚЫСТЫРАР**. зат этн. *Күйеу атына балдыздардың біреуін мінгізген әйелдің алатын кәдесі, алымы.*
**КӨПШІКТЕ=** ет. *Көтермелеу, дәріптеу.*
**Көпшіктей сөйледі.** *Көтермелей, дем бере сөйледі.*
**КӨПШІКТЕЙ** сын. *Көпшік сияқты, көпшік тәрізді, әжептәуір.*
**КӨПШІЛ** сын. **1.** *Халықшыл, қауымшыл үйірсек.* **2.** ауыс. *Жеңіл жүріске әуес, ойнасшыл.*
**КӨПШІЛДЕУ** сын. *Тасқындау.*
**КӨПШІЛДІК** зат. *Адамға үйір болушылық, бұқарашылдық, қауымшылдық.*
**КӨПШІЛІК** зат. *Халық, жұртшылық, қауым.*
**Көпшілік асхана**. *Жұртшылық тамақтанатын орын.* **Көпшілік дауыспен**. *Көптің қолдауымен, қостауымен.* **Көпшілік жағдайда.** *Көп ретте, көбіне.* **Көпшілік кітапхана.** *Кітап қорының құрамына қарай оқырманға қоғамдық-саяси, кәсіптік, жалпы білім беретін басылымдар ұсынатын кітапхана.* **Көпшілік [жиналған] қауым.** *Үлкен-кіші, кәрі-жас бас қосқан жер.* **Көпшілік қолы.** *Қалың бұқара, халық, жалпы көпшілік.* **Көпшілік орын**. *Жұртшылық жиі баратын жер.*
**КӨПШІЛІКҚОЛДЫ** сын. *Жұртшылыққа керекті, көпшілікке арналған.*
**КӨПШІЛІКШЕ** үст. *Жұрт секілді, жұртқа ұқсап.*
**КӨПШІЛІКШІЛ** сын. *Көпқұмар, бұқарашыл.*
**КӨПШІР** зат. көне. *Хан пайдасына жиналатын арнайы салық.*
**КӨПІР** зат. **1.** *Әртүрлі кедергілерден (өзен, сай, жол т.б.) өту үшін арнайы салынған құрылыс нысаны.* **2.** ауыс. *Бірдеңені жалғастырушы, байланыстырушы.*
**КӨПІР=** ет. **1.** *Көбігі шығу, көбіктену.* **2.** *Көбік атып көпіршу, тасып толқындау.* **3.** этн. *Сабалған жүннің екінші рет сабауланып, шаңтозаңынан арылуы.* **4.** ауыс. *Мақтану, бөсу, масайрау.*
**КӨПІРДЕЙ** сын. *Көпір сияқты, көпір тәрізді.*
**КӨПІРЛЕ =** ет. *Көпір, өткел салу.*
**КӨПІРЛІ** сын. *Көпірі, өткелі бар.*
**Көпірлі өткел.** әск. *Әскерді өзен, жырадан жаппай өткізу үшін арнайы жабдықталған, айналасындағы жермен қоса алынған көпір.*
**КӨПІРМЕ** сын. **1.** *Көпіріп жатқан, көбік атқан.* **2.** ауыс. *Бос сөзді, бөспе.* **3.** ауыс. *Бос, құр, мылжың.*
**Көпірме ауыз**. *Сөзге дес бермейтін ұрысқақ.*
**КӨПІРМЕЛІ** сын. *Көпіртіп, асырып айтқан.*
**КӨПІРСЫМАҚ** сын. экспр. *Көпір тәрізді, өткелсымақ.*
**КӨПІРСІЗ** сын. **1.** *Көпірі жоқ, өткелсіз.* **2.** ауыс. *Байланыссыз, аралассыз.*
**КӨПІРТ=** ет. **1.** *Көбігін шығарту, көбіктендіру.* **2.** ауыс. *Қалың етіп төсеу.* **3.** ауыс. *Асыра айту.*
**Көпіртіп тігу.** кәс. *Алдын ала дайындап алған өрнек үлгісінің үстінен тігілетін, материал бетіне бұдырланған жіп түйіндер қалдырып тігетін тігіс түрі, тігу тәсілі.*
**КӨПІРТПЕ** сын. сөйл. *Көпірме, қолпаш.*
**КӨПІРТУ** *Көпірт етістігінің қимыл атауы.*
**КӨПІРТІЛ=** ет. *Көп сөйлеп, асыра айтылу.*
**КӨПІРУ** *Көпір етістігінің қимыл атауы бөсу, мақтану.*
**КӨПІРШЕ** зат. *Кішкентай көпір, өткелше.*
**КӨПІРШЕКШЕ: көпіршекше без.** <лат. glandula vesicularis>анат. *Қуықтың жоғарғы жағына орналасқан түтікшелі-көпіршікті жұп қосалқы жыныс безі.*
**КӨПІРШІ** зат. *Көпір салушы, жөндеуші.*
**КӨПІРШІ =** ет. **1.** *Көбіктену, көпіру.* **2.** ауыс. *Бұрқырау, қобырау.* **3.** ауыс. *Ісіп-кебу, мәз болып мақтану.*
**КӨПІРШІК**[1] зат. *Сұйық заттың бетіндегі көбік.*
**КӨПІРШІК**[2] зат. биол. *Іші қуыс, пішіні сопақ немесе қапшық тәрізді құрылым.*
**КӨПІРШІК**[3] зат. этн. *Тостағанға жартылай қымыз құйып, үстіне ешкінің сүтін көбіктенгенше сауып дайындайтын көпіршіген ашымық.*
**КӨПІРШІКТЕЙ** сын. *Көпіршік сияқты, көпіршік тәрізді.*
**КӨПІРШІКТЕН=** ет. *Көпіршікке айналу, көбіктену.*
**КӨПІРШІТ=** ет. **1.** *Көбіктендіру.* **2.** ауыс. *Ісіп-кеуіп мақтану, масайрау.*
**КӨПІРІК** зат. **1.** *Көпіршік, көбік.* **2.** ауыс. *Бос сөз, бөспелік.*
**КӨПІРІС=** ет. *Сөзді судай сапырысу, ісіп-кеуіп мақтанысу.*
**КӨР**[1] [ир. گور] зат. **1.** *Қайтыс болған кісіні жерлеу үшін арнайы қазылған орын, мәйітті көметін жер.* **2.** ауыс. *Адам тұрғысыз, сиықсыз мекен, жай.*
**Көр азабы.** діни. *Қайтыс болған соң о дүниеде көретін ауыр бейнет, қорлық.* **Көр аузында.** *Өлім халінде, әл үстінде.* **Көр ауыз**. *Тісі түсіп, үңірейіп қалған ауыз.* **Көр бәйге.** этн. *Жерлеу рәсімінің соңында өткізілетін ат жарысы.* **Көр ғазабы.** ескікіт. діни. *О дүниедегі, өлгеннен кейінгі азап, қиыншылық, жаза, көр азабы.* **Көрге ала кірді.** *О дүниеге бірге әкетті.* **Көрге бірге ала кетті.** *Тіс жарып ешкімге айтпады, ішінде сақтады.* **Көрге енді.** *Ажалы жетті, дәмі таусылды, өлді.* **Көрге кірді.** а) *Көмілді, жерленді.* ә) *Бейнет шекті, қиыншылық көрді.* б) *Ұятқа қалды, масқара болды.* **Көрге кірсін.** қарғыс. *Жоқ болсын, көзі жойылсын.* **Көрге салды [тықты].** а) *Өлтірді, көзін жойды.* ә) *Көмді, жерледі.* **Көрге сарқатындық.** *Түбінде, ақырында өлімге әкеп соқтырушылық.* **Көрге түсті.** *Жоқ болды, қирады, өлді.* **Көрде басы қалғыр!** қарғ. *Өлім келгір, қата қалғыр деген мағынада.* **Көрде бір аунап түсті.** *Аруақ риза болған шығар деген мағынада.* **Көрдей қараңғы.** *Тастай қараңғы, түк көргісіз, қап-қараңғы.* **Көрден жаңа тұрғандай.** *Адам қарайтын сиқы жоқ, ұсқынсыз, жадау.* **Көрден көрге тығылғандай.** *Жасырынып, қашып-пысып, сырт беріп таптырмай қою мағынасында.*

**Көрден шыққан кісі сияқты.** *Ұсқынсыз, әбден жүдеп-жадаған.* **Көр қазды**. *Жамандық ойлады.* **Көр құшты**. *Өлді, сазайын тартты.* **Көр нұрлы болсын.** діни. тілек. *Жерлеп жатқан кезде «марқұмның жатқан жері жарық болсын» деген мағынада айтылатын тілек.* **Көр тамұқ**. *Азап-бейнет, әділетсіздік.* **Көр шеге**. *Қолдан соғылған тойтармасыз шеге.* **Көр шегедей**. *Көр шеге сияқты мықты.* **Көрі қазылды**. *Жамандыққа ұрынатыны алдын ала белгілі болды, анық сезілді.* **Көріңде өкіргір [өкір]!** қарғ. *Өлгенде де жақсылық көрмегір, азапта болғыр.*

**КӨР**[2] сын. **1.** *Сұқараңғы соқыр.* **2.** ауыс. *Ештеңе түсінбейтін, түйсіксіз.* **3.** ауыс. *Қараңғы, меңіреу.*

**Көр болғыр!** қарғ. *Түк көрмей қалғыр.* **Көр болды.** *Соқыр болды.* **Көр жыла, жер жыла.** *Қалай зар илеп қайғырсаң да деген мағынада айтылады.* **Көр жібіп жатқанда.** *Қатты адамның мейірленіп, жандүние жақсылыққа бет бұрып отырғанда деген мағынада.* **Көр кеуде**. *Түкке түсінбейтін, еш нәрсені ұғынбайтын, миғұла.* **Көр көзін ашты.** *Зердесін оятты, білмегенін білдірді.* **Көр көкірек**. *Еш нәрсеге түсінбейтін, бос кеуде.* **Көр мылқау**. *Екі сөздің басын құрай алмайтын, надан.* **Көр ошақ**. *Ешқайда шықпаған, от басында қалып қойған.* **Көр соқыр**. а) *Су қараңғы, соқыр.* ә) *Еш нәрсеге парық беріп ойламайтын, білмейтін.* **Көр тоғай**. *Қалың жынысты орман.*

**КӨР**[3] сын. *Өнбей, жарылмай қалған (дән).*

**КӨР**= ет. **1.** *Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау.* **2.** *Қарау, көзбен шолу.* **3.** ауыс. *Байқау, тырысу.* **4.** ауыс. *Бастан кешу, өткеру.* **5.** ауыс. *Айыптау, жазғыру, кінәлау.* **6.** ауыс. *Есептеу, санау, білу, тану.*

**Көрген жерде [бойда].** *Қолма-қол, іле-шала, сол бойда.* **Көрген замат.** *Көрген бойда, көре сала.* **Көрген көресі, кешкен соры**. *Тіршілігі, бейнеті.* **Көрген күн**. *Өмір, тіршілік.* **Көрген күнді итке берсін.** *Қиындығы, қияметі көп болған, ауыртпашылық, қайғы бастан өткен кез.* **Көрген күні**. *Өмір, тіршілік.* **Көрген күн күн болмады.** *Тіршілігі оңбады, қиындап кетті.* **Көрген күні қараң болды.** *Басына қиындық түсті, қорлық көрді, азап шекті.* **Көрген күні құрысын [көрген күнін итке берсін].** *Ауыр тұрмыс, қорлық өмірге байланысты айтылатын реніш сөз.* **Көрген кісі шыққысыз**. *Сән-салтанаты, жиһаз-мүлкі көз тартатын, көздің жауын алатын, әдемі.* **Көрген құқайы бұл [осы] емес.** *Талай қиындықты көрген, көнбіс.* **Көргеннен көзақы алды [сұрады].** *Тілемсек, сұраншақ болды.* **Көрген түстей**. *Ізсіз-түзсіз, нәтижесіз.* **Көр де тұр**. *Байқа да тұр, біліп қой.* **Көре алмады**. а) *Қызғанды, күндеді, іштарлық жасады.* ә) *Байқамады, бағаламады.* б) *Кездесе алмады, жете алмады.* **Көре алмау.** *Қызғану, іштарлық жасау, даттау.* **Көре білді**. *Тани алды, болжады.* **Көре жатармыз**. *Алды-артын байқармыз.* **Көрейін де өлейін**. *Бір көргеннен жабысу, айырылмай қою мағынасында.* **Көре қал**. *Байқа да тұр.* **Көрер көзге**. *Ашықтан ашық, көзін бақырайтып қойып, көз алдында.* **Көрер таңды көзімен атқызды**. *Ұйқы көрмеді, көз ілмеді.* **Көре тұра**. *Біле тұра, сезе тұрып.* **Көре тұрып көз жұмды.** *Біліп, сезіп тұрып білмегенсіді, мән бермеді.* **Көретін жарығы бар.** *Өлім аузынан қалған адамға қарата айтылатын, әлі де өмір суретін жайы бар, өмір сүруді нәсіп еткен екен деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Көрмеген көрімді көрді.** *Көп азап тартты, көрмеген көресісі қалмады.* **Көрмей жүрген құқайы емес.** *Біреудің түртпектегенін, дікеңдегенін, кесірлігін көргеннің алды-арты бұл емес, талайын көрген деген мағынада.* **Көрсе де көрмеген болды**. *Әдейі назар аудармады, байқамаған болды.* **Көрсем, көзім шықсын!** қарғ. *Білсем соқыр болайын, көрген жоқпын деген мағынада.* **Көріп алармыз**. *Бір іс-әрекеттің артын күту мағынасында.*

**КӨРАНА** зат. жерг. *Жерді қазып жасаған үй, жертөле.*

**КӨРБАЙ-ЖЕРБАЙ** зат. сөйл. *Көр-жер, кәкір-шүкір, оны-мұны.*

**КӨРБАҚ** зат. миф. *Көрдің иесі.*

**КӨРБАЛА** сын. **1.** *Өмірден ештеңе ұға қоймаған, балаң.* // *Өмірден көрген-түйгені аз жеткіншек.* **2.** *Өмірді түсіне білмеген, шорқақ.* **3.** ауыс. *Қараңғы, надан.*

**КӨРБАЛАЛЫҚ** зат. **1.** *Ұға білмеушілік, түсінбеушілік.* **2.** ауыс. *Қараңғылық, артта қалғандық, надандық.*

**КӨРБАН** зат. *Бейітті қарап, күтуші адам.*

**КӨРБІЛТЕ**[1] зат. қолөнер. *Сырылған тігістердің арасынан өткізілетін білте.*

**КӨРБІЛТЕ**[2] сын. *Көмескі, анық емес (жол, соқпақ).* //*Бұлдыр, бұлыңғыр ой.*

**КӨРБІЛТЕЛЕН=** ет. *Көмескілену, ұмытыла бастау.*

**КӨРБІЛТЕЛЕУ** сын. *Болар-болмас, көмескілеу.*

**КӨРГЕН: көргені жақсы.** *Көңіліне түйгені, көрген-білгені көп, ізгілікті, парасатты жан (адам).*

**КӨРГЕН-БАҚҚАН** зат. *Бар білгені.*

**КӨРГЕНДІ** сын. *Өмірден көрген-түйгені мол, салт-дәстүрді білетін.*

**Көргенді жер**. *Жақсы ата-ана; жақсы тәрбие, жақсы үлгі берген отбасы.* **Көргенді жердің баласы**. *Тәрбиелі отбасынан шыққан ұрпақ.*

**КӨРГЕНДІЛІК** зат. *Өнегелі тәрбиеленгендік, қанға сіңген адамгершілік, ізгілік, тектілік.*

**КӨРГЕНСІ=** ет. *Көп нәрсені білетінсу, білгірсу.*

**КӨРГЕНСІЗ** сын. *Әдепсіз, ізетсіз, тәрбие көрмеген.* // *Әдепсіз, ізетсіз, тәрбие көрмеген адам.*

**КӨРГЕНСІЗДІК** зат. *Әдепсіздік, тәрбиесіздік, көрген-түйгені жоқтық, тексіздік.*

**КӨРГІЗ=** ет. *Көрсету.*

**КӨРГІЗУ** *Көргіз етістігінің қимыл атауы.*

**КӨРГІСІЗ** сын. *Көрмей кететін, араласпайтын.*

**КӨРГІШ** сын. *Танығыш, сезгіш, қырағы.*

**КӨРГІШСІ=** ет. *Сезгішсіну, білгірсіну.*

**КӨРГІШТЕ=** ет. *Көре беру, қайталап қарай беру.*

**КӨРГІШТІК** зат. *Байқампаздық, қырағылық.*

**КӨРГІШІРЕК** сын. *Көбірек сезетін, байқампаздау.*

**КӨРДЕЙ** сын. **1.** *Көр сияқты, көр тәрізді.* **2.** ауыс. *Қараңғы.*

**КӨРДЕМЛІ** зат. ескікіт. *Көрнекті, даңқты.*

**КӨРДЕМШЕ** зат. жерг. *Көлденең (некесіз) тапқан бала.*

**КӨРЕ-БІЛЕ** үст. *Біле тұра, көріне-көзге.*

**КӨРЕГЕН** сын. **1.** *Көргіш, қырағы, байқағыш.* **2.** ауыс. *Алдағыны күні бұрын болжай алатын, сезімтал.*

**КӨРЕГЕНДЕУ** сын. *Байқағыштау, сезгіштеу.*

**КӨРЕГЕНДІК** зат. *Алдағы болатын істі болжағыштық, білгіштік, сезімталдық.*

**КӨРЕГЕНДІЛІК** зат. сөйл. ***Көрегендік.***

**КӨРЕГЕШ** сын. сөйл. ***Көреген.***

**КӨРЕК** зат. сөйл. **1.** ***Қорек.*** **2.** ауыс. *Рухани ләззат, жан азығы.*

**КӨРЕКТЕН=** ет. сөйл. ***Қоректен.***

**КӨРЕКТЕНДІР=** ет. сөйл. ***Қоректендір.***

**КӨРЕКТЕНДІРУ** сөйл. *Көректендір етістігінің қимыл атауы; қоректендіру.*

**КӨРЕКТІК** зат. сөйл. ***Қоректік.***

**КӨРЕКТІЛІК** зат. сөйл. ***Қоректілік.***

**КӨРЕНДІЛІК** зат. жерг. *Сұраншақтық, тіленшектік.*

**КӨРЕНЕУ** үст. сөйл. ***Көрінеу.***

**Көренеу көзге**. *Көрінеу көзге, көрер көзге, әдейі.*

**КӨРЕРМЕН** зат. *Теледидар, кино, спектакль, концерт т.с.с. көруші, тамашалаушы.*

**Көрермен қауым [жұртшылық].** *Кино, театр спектакльдерін, әртіс ойындарын, концерт, спорт жарыстарын көруге келген жұртшылық.*

**КӨРЕРМЕНДІК** сын. *Көрушіге тән, көрушіге лайық.*

**КӨРЕСІ** зат. *Қорлық, қиыншылық, азап.*

**Көресімнен көргенім көп.** *Көргенінен көрмегені аз қалды.* **Көресіні көрді**. *Біреуден қорлық көрді, жапа шекті.* **Көресіні көрсетті.** *Қорлыққа салды, қинады.*

**КӨРЕШЕК** зат. *Көретін нәрсе, бастан өткізер іс-әрекет, көретін жарық дүние.*

**КӨРЕШІК** зат. сөйл. ***Көрешек.***

**КӨР-ЖЕР** зат. **1.** *Ұсақ-түйек, кәкір-шүкір.* **2.** *Оны-мұны, болмашы бірдеңелер.* **3.** *Жоқтан өзге, уақ-түйек іс-әрекет.*

**КӨРКЕЙ=** ет. **1.** *Құлпыру, көріктену, ажарлану.* **2.** *Әлдену, тұрмысы жөнделу.*

**КӨРКЕЙТ=** ет. **1.** *Көріктендіру, абаттандыру; ажар беру.* **2.** *Жетілдіру, жандандыру.*

**КӨРКЕЙТТІР=** ет. *Ажарландыру, құлпырту.*

**КӨРКЕЙТУ** *Көркейт етістігінің қимыл атауы; дамыту, жетілдіру жандандыру.*

**КӨРКЕЙТІЛ=** ет. *Көріктендірілу, ажарландыру, сән берілу.*

**КӨРКЕМ** сын. **1.** *Әдемі, ажарлы, әсем, сұлу.* **2.** *Жанға жайлы, рақат, сүйкімді, сәнді.*

**Көркем аударма**. әдеб. *Бір тілден екінші тілге аударылған әдеби шығарма.* **Көркем әдебиет**. а) әдеб. *Көркем әдеби шығармалар жиынтығы.* ә) *Баспа өнімі түрінде шығарылған көркем әдеби шығарма.* **Көркем әдебиеттік**. *Көркем әдеби шығармаға қатысты, көркем әдеби шығарма деңгейіндегі.* **Көркем әдебиет тілі.** лингв. *Әдеби шығармалардың тілі.* **Көркем әдеби шығарма**. *Көркем тілмен жазылған әдеби туынды.* **Көркем әңгіме**. әдеб. *Шағын әдеби шығарма.* **Көркем бейне.** әдеб. *Көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі.* **Көркем гимнастика**. спорт. *Небір нәзік, әдемі де қиын қимылды орындайтын спорт түрі.* **Көркем кесте.** қолөнер. *Өсімдік суретін ғана емес, шағын пейзажды бейнелеуге де болатын кесте.* **Көркем мінез.** *Сүйкімді мінез, тартымды қылық, жүріс-тұрыс.* **Көркем образ**. әдеб. *Әдеби шығарма кейіпкерінің тұтас тұлғасы.* **Көркем оқу**. *Әдеби шығарманы мәнерлеп оқу өнері.* **Көркем очерк**. әдеб. *Өмірде болған істі баяндап, әдеби тілмен суреттеле жазылған шығарма.* **Көркем поэма**. әдеб. *Өлеңмен жазылған сюжетті әдеби шығарма.* **Көркем проза.** әдеб. *Қара сөзбен жазылған роман, повесть, әңгіме тәрізді көркем шығарма.* **Көркем публицистика.** әдеб. *Қоғамдық-саяси мәселелерге арналған көркем шығарма.* **Көркем тігіс** әс. *Қаю, айқас тігу, қусыру, бастырып тігу, маржандау, шаршылау, өткермелеп тігу, тышқан із, қабырға тігіс, ілмелеп тігу, сыру т.б. тәрізді тәсілдермен әшекейлеп тіккен тігіс түрі.* **Көркем тіл**. *Әдеби шығарма тілі.* **Көркем фильм.** *Көркем туынды, шығармалар негізінде түсірілген, кейіпкерлері бар, сюжетті фильм.* **Көркем шығарма.** *Басқа шығармалардан ажырату үшін әдеби туындыны көбінесе осылай атайды.*

**КӨРКЕМДЕ=** ет. *Әдемілеу, көріктендіру, сәнге бөлеу, ажарландыру.*

**Көркемдей оқу**. *Әдеби шығарманы мәнерлеп оқу.*

**КӨРКЕМДЕГІШ** сын. *Сәндендіргіш, безендіргіш.*

**Көркемдегіш құрал**. әдеб. *Көріктеу құралдары* (*ойды әсерлі, мәнерлі етіп жеткізу үшін қолданылатын құралдар*).

**КӨРКЕМДЕЛ=** ет. *Әдемілену, ажарлану, безендірілу.*

**КӨРКЕМДЕЛУ** *Көркемдел етістігінің қимыл атауы; ажарлану.*

**КӨРКЕМДЕН=** ет. *Құлпыру, әдемілену.*

**КӨРКЕМДЕНДІР=** ет. *Құлпырту, әдемілендіру.*

**КӨРКЕМДЕНДІРУ** *Көркемдендір етістігінің қимыл атауы.*

**КӨРКЕМДЕТ=** ет. *Құлпырту, ажарландыру.*

**КӨРКЕМДЕУ** *Көркемде етістігінің қимыл атауы; безендіру.*

**КӨРКЕМДЕУШІ** зат. *Ажарлаушы, әдемілеуші, безендіруші.*

**КӨРКЕМДІК** зат. *Әдемілік, көріктілік, ажарлылық, сұлулық.*

**Көркемдік ойлау қабілеті.** филос. *Өнер туындыларының танылуына, құрылымына бағытталған интеллектуалды әрекеттің түрі; қоғамдық тәжірибелікке кіретін әлеуметтік міндеттер, әдістер, соңғы мақсаттар және мінез-құлықпен ерекшеленетін адам ойлау қабілетінің әртүрлілігі.* **Көркемдік эмальдар.** хим. *Әшекейлер жасауда түсті металдардан жасалған бұйымдарға жағылатын эмальдар.*

**КӨРКЕМДІЛІК** зат. *Ажарлылық, сұлулық.*

**КӨРКЕМӨНЕР** зат. **1.** эстет. *Қоғамдық сананың көркемдік ойлау тәсіліне негізделген, өмір құбылыстарын бейнелеп көрсету құралы.* **2.** *Әуесқой ұжымның орындауындағы өнер шығармалары.*

**Көркемөнер тілі.** эстет. *Ақиқат дүниені эстетикалық образдар арқылы бейнелейтін халықтың қолөнері мен мүсін, сәулет, кескіндеме, сурет өнері және олардың көркем туындылары.*

**КӨРКЕМӨНЕРПАЗ** зат. *Әуесқой ұжымның орындауындағы халық шығармашылығының бір түрі.*

**Көркемөнерпаздар үйірмесі.** *Музыка, ән, би өнерімен айналысатын арнайы топ.*

**КӨРКЕМӨНЕРПАЗДЫҚ** сын. *Көркемөнерпазға қатысты, көркемөнерпазға тән.*

**КӨРКЕМСӨЗ** зат. әдеб. *Ақиқат дүниені эстетикалық тұрғыдан тілдік құралдар арқылы бейнелейтін шығарма.*

**КӨРКЕМСУРЕТ** зат. өнер. *Ақиқат дүниені эстетикалық образдар арқылы бейнелейтін сурет өнері, көркемөнер.*

**КӨРКЕМСУРЕТТІ: көркемсуретті фильм**. өнер. *Әдеби жанрда шығарылған фильм.*

**КӨРКЕМШЕ**[1] зат. зоол. *Дене тұрқы 27 см, Африка суларында кең таралған балықтың түрі.*

**КӨРКЕМШЕ**[2] сын. *Әдемі келген, ажарлы, көрікті.*

**КӨРКЕМШІЛІК** зат. көне. *Әдемілік, сәнділік.*

**КӨРКЕМІРЕК** сын. *Көркемдеу, әдемілеу.*

**КӨР-КЕМІС** сын. *Болмашы жылтыры бар, әрең-әрең көрінетін.*

**КӨРКЕСТІ** сын. жерг. *Егде, кексе.*

**КӨРКЕУ** сын. сөйл. ***Қорқау.***

**КӨРКЕЮ** *Көркей етістігінің қимыл атауы; ажарлану, құлпыру.*

**КӨРҚАП** зат. миф. *Кебін киген, көрден шыққан өлі аруақ.*

**КӨРҚАРА** зат. жерг. *Қара түсті, ұсақ бұтақты, басы бүршікті болып келетін, кебірлеу жерге шығатын ащы шөп.*

**КӨРҚАУ** зат. сөйл. ***Қорқау.***

**КӨРЛАТ** сын. жерг. *Еш тәрбие көрмеген, тәрбиесі аз, көрбілте адам.*

**КӨРМЕ** зат. *Белгілі бір қоғамның не жеке адамның материалдық және рухани жетістіктерін көпшілікке көрсететін орын.*

**КӨРМЕНДІ** сын. жерг. *Көп көрген, өнегелі, үлгілі.*

**КӨРМЕСЫМАҚ** сын. *Көрме секілді, шағын көрме.*

**КӨРМЕШЕ** үст. *Көрме сияқты, көрмеге ұқсап.*

**КӨРНЕК** зат. **1.** *Белгілі бір заттың үлгісі қойылатын жер.* **2.** *Көрік, бейне, ажар.*

**КӨРНЕКСІЗ** сын. *Көріксіз, сиықсыз.*

**КӨРНЕКТЕ**= ет. *Әдемілеу, сәндеу, көркемдеу.*

**КӨРНЕКТЕН=** ет. *Сәндену, көркемделу; оқшауланып көріну.*

**КӨРНЕКТІ** сын. *Белгілі, танымал, әйгілі. // Танымал, әйгілі түр.*

**КӨРНЕКТІЛІК** зат. *Көрнекті болушылық, нақтылық.*

**КӨРНЕКІ** сын. *Көзге анық, әдемі көрінетін.*

**Көрнекі құрал**. пед. *Сабақ өткізуде әсерлілік, тартымдылық үшін қолданылатын қосымша құрал.* **Көрнекі құрал.** пед. *Сабақ ойға қонымды болу үшін, материалды жүйелі меңгеру үшін қолданылатын кесте, сурет, сызба сияқты көрнекіліктер.* **Көрнекі талдау.** хим. *Жүйедегі түзілген түсі бар заттың ерекшеліктеріне сай көзбен көріп, сапасын анықтау тәсілі.*

**КӨРНЕКІ-БЕЙНЕЛІ: көрнекі-бейнелі ойлау.** пед. *Жағдаят пен ойдағы өзгерістерді елестету мен байланысты ойлау түрі.*

**КӨРНЕКІЛЕЙ** үст. *Көзіне көрсете, әдейі, арнайы.*

**КӨРНЕКІЛЕУ** сын. *Көрнектілеу, тартымдылау.*

**КӨРНЕКІЛІК** зат. пед. *Оқытуда пайдаланатын сабақ тақырыбына қатысты құралдар.*

**КӨРНЕКІРЕК** сын. *Көрнектілеу, анығырақ.*

**КӨРНЕУ** үст. **1.** *Көрер-көзге, ашықтан-ашық. // Көрінетін, көзге түсетін жер.* **2.** *Әдейі, қасақана.*

**Көрнеу зорлық.** *Ашықтан-ашық қиянат.* **Көрнеу көзге**. *Біле тұра, ашықтан-ашық.*

**КӨРПЕ**[1] зат. **1.** этн. *Жамылып жату не төсену үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен төсек-орын мүлкі.* **2.** ауыс. *Бірдеңенің бетін тұтас жауып алған нәрсе.*

**Көрпе жайды.** *Төсеніш салды.* **Көрпені бойына шақтап жамылу**. *Әліне қарай шамалап, шақтап іс істеу.* **Көрпеңе қарай көсіл.** *Әліңді біл, шамаңа қара, асып-таспа, артық кетпе, шалқыма.* **Көрпесіне қарай көсілді**. *Өз әлінше, шамасына қарай іс қылды.*

**КӨРПЕ**[2] зат. жерг. **1.** *Кенже туған қозы.* **2.** *Кенже бала.*

**КӨРПЕДЕЙ** сын. *Көрпе тәрізді, көрпе сияқты.*

**КӨРПЕ-ЖАСТЫҚ** зат. *Жатар орынның мүлкі; төсек-орын жабдығы.*

**КӨРПЕКӨК** зат. *Жаңадан өскен көк балауса шөп.*

**КӨРПЕҚАП** зат. *Кірлемеу үшін көрпені қаптап қоюға шақтап тігілген тыс.*

**КӨРПЕҚИМЫЛДАТАР** зат. этн. көне. *Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен төсекте алғаш кездесуінде қыз жеңгелеріне беретін ырымы, жоралғысы.*

**КӨРПЕЛДЕС** зат. *Ерте туған, ет алған қозы.*

**КӨРПЕЛДЕШ** зат. көне. ***Көрпелдес.***

**КӨРПЕЛЕН=** ет. *Көрпеге ұқсап жайылу, қопсып-қобырау.*

**КӨРПЕЛІ** сын. **1.** *Көрпесі мол.* **2.** *Көрпесі бар.*

**КӨРПЕЛІК** сын. *Көрпеге жетерлік.*

**КӨРПЕСІЗ** сын. **1.** *Көрпесі жоқ, көрпе жамылмай.* **2.** ауыс. *Жамылысы жоқ, жалаңаш.*

**КӨРПЕТАРЫ** зат. егіншар. *Мезгілінен кеш пісетін тары.*

**КӨРПЕ-ТӨСЕК** зат. *Жатар орынға қажетті мүліктің жалпы атауы.*

**КӨРПЕШ** зат. *Мезгілінен кешірек туған қозы.*

**КӨРПЕШЕ** зат. этн. *Жерге төсеп, үстіне отыруға арналған ұзынша көрпе.*

**КӨРПІЛДЕ=** ет. *Көрп-көрп ету, кең болғандықтан, жүрген кезде көрп-көрп еткен дыбыстың шығуы.*

**КӨРПІЛДЕК** сын. *Көрп-көрп еткен.*

**КӨРПІЛДЕТ=** ет. *Көрп-көрп еткізу.*

**КӨРПІЛТ=** ет. *Көрп-көрп еткізу; көсілте шабу.*

**КӨРСЕБАСАР** сын. *Көрген нәрсені бас салатын, көрсеқызар.*

**КӨРСЕБАСАРЛЫҚ** зат. *Көрсеқызарлық, қызыққыштық.*

**КӨРСЕҚЫЗАР** сын. *Бірдеңеге ойланбай берілуші, құштарланушы, әр нәрсеге қызыққыш.*

**КӨРСЕҚЫЗАРЛАУ** сын. *Қызыққыштау, құмарлау.*

**КӨРСЕҚЫЗАРЛЫҚ** зат. *Қызыққыштық, құштарланушылық, қызығушылық.*

**КӨРСЕТ=** ет. **1.** *Көз салдыру, көргізу, қарату.* **2.** *Білдіру, байқату, аңғарту.* **3.** ауыс. *Жасау, істеу.* **4.** ауыс. *Жала жабу, үстінен арыз түсіру.* **5.** ауыс. *Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қоқан-лоққы жасау.*

**Көрсеткеніңе шүкір.** діни. *Тағдырыма ризамын, Алланың берген осы ризығына қанағаттанамын деген мағынада.* **Табандылық көрсетті.** *Тұрақтылық жасады, шыдамдылық көрсетті.* **Төбе көрсетті.** *Көрініп, кездесіп тұрды.* **Түр көрсетті.** *Ниет білдірді, ыңғай танытты.* **Уақытын көрсетті.** *Мерзімін белгіледі.* **Ұйқы көрсетпеді.** *Ұйықтатпады, тынышын кетірді.* **Үлкендік көрсетті.** *Жасының үлкендігін білдірді.* **Шаңын көрсетпеді.** *Үздік озып шықты, қарасын көрсетпеді.* **Ізет көрсетті.** *Сыпайылық жасап, құрметтеді.* **Істе көрсетті.** *Шамасын жұмыста, еңбекте байқатты.*

**КӨРСЕТКІ** зат. инф. *Тінтуірді жайпақ бетте қозғаған кезде бейнебетте онымен қадамдаса жылжитын меңзер.*

**КӨРСЕТКІШ** зат. **1.** тех. *Мөлшер дәрежесін білдіретін құрал.* **2.** *Алдын ала жоспарланған белгілі бір табыс өнімінің орындалуға тиіс тиянақталған мөлшері.* **3.** *Орындалған істің, жұмыстың нәтижесі.*

**Жол көрсеткіш**. *Жол бойындағы шартты белгі.*

**КӨРСЕТКІШСІЗ** сын. *Көрсеткіші жоқ.*

**КӨРСЕТУ** *Көрсет етістігінің қимыл атауы, білдіру, байқату.*

**КӨРСЕТУШІ** зат. **1.** *Көрсететін адам.* **2.** *Жасырын бірдеңені, біреуді нұсқаушы; ұстап беруші.*

**КӨРСЕТІЛ=** ет. **1.** *Бейнелену, айтылу, айқындалу.* **2.** *Берілу, қамтамасыз етілу.*

**КӨРСЕТІЛУ** *Көрсетіл етістігінің қимыл атауы, бейнелену, айқындалу.*

**Қамқорлық көрсетілу**. *Көмек көрсету, қолдау, жәрдемдесу.*

**КӨРСЕТІЛІМ** зат. *Көрсету, жұртшылыққа таныстыру.*

**КӨРСЕТІМ** зат. сөйл. *Заң орындарына беретін түсінік, мәлімет, куәлік.*

**КӨРСЕТІНДІ** сын. сөйл. *Анықтама, мәлімдеме, нұсқау.*

**КӨРСЕТІС=** ет. *Әрқайсысын көрсету; бірге көрсету.*

**КӨРТ** зат. кәс. жерг. *Түйенің кердері тұқымынан тараған, нашар тұқымды еркек будан.*

**КӨРТҰМАН** зат. жерг. *Қою, қалың тұман.*

**КӨРТЫШҚАН** зат. **1.** зоол. <лат. talpidae> *Жер астында тіршілік етіп, жәндіктермен қоректенетін сүтқоректі жануар.* **2.** ауыс. *Бас сауғалағыш, үйкүшік адам.*

**КӨРТЫШҚАНДАЙ** сын. *Көртышқан сияқты, көртышқан тәрізді.*

**КӨРТЫШҚАНША** үст. *Көртышқан тәрізденіп, көртышқанға ұқсап.*

**КӨРУ** *Көр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарау, көз тігу.* **2.** ауыс. *Қызықтау, қасында болу.* **3.** ауыс. *Кездесу, жолығу.*

**Көру жітілігі**. *Мүмкіндігінше жақын, бірақ бөлек орналасқан нәрселерді анық көру қабілеті.* **Көру мүшелері**. анат. *Жан-жануарлардың, адамдардың жарық әсерін қабылдайтын органы.* **Көру өрісі.** тех. *Оптикалық аспаптардың кеңістікті қамту шеңбері.* **Көру сезімдері**. анат. *Айналасындағы заттардың пішінін, көлемін, түсін сол қалпында санада бейнелеуге мүмкіндік беретін сезім мүшелері.* **Көру шебі.** әск. *Ұшу аппараттарының айқындалған және кімдікі екені анықталған кездегі олар тұрған әуе кеңістігіндегі жазықтық.*

**КӨРУШІ** зат. сөйл. ***Көрермен***.
**КӨРУШІЛІК**: **жақсы көрушілік.** *Ұнатушылық, іш тартушылық.*
**КӨРХАНА** зат. көне. діни. *Мәйіттері жер астына қойылған бөлме.*
**КӨРШИҚАН** зат. мед. <лат. carbunculus> *Мойынға, арқаға, бетке шығатын шиқанның асқынған түрі.*
**КӨРШІ**[1] зат. *Көршілес, есіктес немесе үймеүй тұратын адам, қоңсы.*
**КӨРШІ**[2] сын. *Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі объектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы; іргелес, жуық.*
**КӨРШІАРАЛЫҚ** сын. *Көршілік, көрші отырушылық.*
**КӨРШІ-КӨЛЕМ** зат. сөйл. *Қатар, іргелес отырған, ауылдас ағайын-туыс.*
**КӨРШІ-КӨРШІ** зат. этн. *Бір жігіт, бір қыз болып жұп құрап ойнайтын ұлттық ойын.*
**КӨРШІ-ҚОЛАҢ** зат. *Ауылдас, іргелес отырған ағайын-туыстың, көршінің жиынтық аты.*
**КӨРШІ-ҚОЛАҢДЫҚ** зат. *Көрші отырушылық.*
**КӨРШІ-ҚОЛАҢШЫ** зат. сөйл. ***Көршіқолаң.***
**КӨРШІ-ҚОҢСЫ** зат. сөйл. *Көрші-көлем, көрші-қолаң.*
**КӨРШІЛЕС** сын. *Көрші тұратын, іргелес, қатар орналасқан.*
**КӨРШІЛЕСТІК** зат. сөйл. ***Көршілік***.
**КӨРШІЛІК** зат. *Көрші тұрушылық, қоңсылық.*
**КӨРІ** шыл. *Толық мағыналы сөздің жетегінде қолданылатын, күшейтпе, салыстыру мәнді шылау сөз.*
**КӨРІБАҚ** зат. жағымсыз. *Көрсоқыр, дүлей, құбыжық.*
**КӨРІК**[1] зат. **1.** қолөнер. *Ұста дүкеніндегі темір балқытатын пештің отын үрлеп тұру үшін былғарыдан немесе теріден жасалған желдеткіш құрал.* **2.** тех. *Металл мен қорытпаларды қыздыруға, балқытуға, керамикалық бұйымдарды күйдіруге арналған пеш.*
**Көрігі басылды**. *Ашуы тарқады, аптығы басылды.* **Көрік басты**. *Ұста дүкенінде көрікпен жұмыс істеді.*
**КӨРІК**[2] зат. **1.** *Өң, келбет.* **2.** *Сән, ажар.*
**Көркі бар.** *Бет-пішіні келіскен, келбетті, көрікті.* **Көркі енді.** *Көркейді, түрленді, құлпырды.* **Көркін базарға салды**. *Көркін бұлдады, ажарын бетке ұстады.* **Көрік берді**. *Шырай берді, ажарын ашты.*
**КӨРІКСІЗ**[1] сын. *Көрігі жоқ, көрік-саймансыз.*
**КӨРІКСІЗ**[2] сын. **1.** *Ажарсыз, келбетсіз.* **2.** *Сәні жоқ, сиықсыз.* **3.** ауыс. *Мәнсіз, орынсыз.*
**КӨРІКСІЗДЕН=** ет. *Ажарсыздану, өңсіздену, сұрықсыздану.*
**КӨРІКСІЗДЕНУ** *Көріксізден етістігінің қимыл атауы; ажарсыздану.*
**КӨРІКСІЗДЕУ** сын. *Ажарсыздау, өңсіздеу, келбетсіздеу.*
**КӨРІКСІЗДІК** зат. *Ажарсыздық, кескінсіздік, қораштық.*
**КӨРІКТЕ=** ет. *Көркейту, ажарлау, сәндеу, көрік беру.*
**КӨРІКТЕУ** *Көрікте етістігінің қимыл атауы.*
**КӨРІКТЕЙ** сын. *Көрік сияқты, көрік тәрізді.*
**КӨРІКТЕЛ=** ет. *Ажарлану, құлпыру.*.
**КӨРІКТЕН=** ет. **1.** *Ажарлану, рең кіру.* **2.** *Көркею, әдемі күйге ену.*
**КӨРІКТЕНДІР=** ет. *Көркейту, көрік беру.*
**КӨРІКТЕНДІРУ** *Көріктендір етістігінің қимыл атауы; көркейту.*
**КӨРІКТЕНДІРІЛ=** ет. ***Көркейтілу.***
**КӨРІКТЕНДІРІЛУ** *Көріктендіріл етістігінің қимыл атауы.*
**КӨРІКТЕНУ** *Көріктен етістігінің қимыл атауы; көркею.*

**КӨРІКТЕУ** *Көрікте етістігінің қимыл атауы; көркемдеу.*
**Көріктеу құралдары.** әдеб. *Ойды әсерлі, мәнерлі етіп жеткізу үшін қолданылатын құралдар.*
**КӨРІКТІ** сын. **1.** *Ажарлы, сұлу.* **2.** *Сәнді, көз тартатын, көркем.*
**Көрікті өлең**. *Келісті өлең, жыр.*
**КӨРІКТІК** зат. сөйл. ***Көріктілік***.
**КӨРІКТІЛЕУ** сын. *Ажарлылау, әсемдеу, сәнділеу.*
**КӨРІКТІЛІК** зат. **1.** *Ажарлылық, сұлулық, тартымдылық.* **2.** *Көркемділік, әсемдік, сәнділік.*
**КӨРІКТІРЕК** сын. **1.** *Ажарлырақ, әсемірек, сымбаттырақ, сұлуырақ.* **2.** *Көркемдеу, сәнділеу.*
**КӨРІКШЕ** үст. *Көрікке ұқсап, көрік сияқты.*
**КӨРІКШІ** зат. **1.** *Ұстаның қасындағы отын жағып, көрігін басушы адам.* **2.** ауыс. *Ұйымдастырушы, өндіре жасаушы, еселей түсуші.*
**КӨРІЛ =** ет. *Көзге көріну, іліну, байқалу.*
**КӨРІМ**[1] зат. **1.** *Көресі, көрешек, өмір.* **2.** *Пәле, жаманшылық, құбыжық, елес.*
**Көрімді көрсетті.** *Азап тартқызды, көресісін көрсетті, басына зобалаң туғызды.* **Көрім көрінгір**. қарғ. *Бәле келгір, қара басқыр.*
**КӨРІМ**[2] сын. жерг. *Әдемі, жақсы, сүйкімді, керемет.*
**Көрім болды**.жерг. *Дұрыс болды, жөн болды.*
**КӨРІМ**[3] сын. жерг. *Кескінсіз, көріксіз, ұсқынсыз, нашар. // Кескінсіз, ұсқынсыз адам.*
**КӨРІМДІК**[1] зат. этн. *Жас нәрестені, жаңа түскен келінді т. б. бірінші рет көргендігі үшін қонақтың, дос-жаранның үй иелеріне не олардың жақын-жуықтарына беретін сыйлығы.*
**Көрімдік берді**. этн. *Жас нәрестені, жаңа түскен келінді, жаңа үйді т.б. бірінші рет көргені үшін дос-жаранның дәстүр бойынша беретін кәдесін жасады.*
**КӨРІМДІК**[2] зат. *Көрініс, көркемдік.*
**КӨРІМПАЗ** сын. *Көргіш, сұңғыла, аңдағыш, байқағыш, қиядағыны көзі шалатын.*
**КӨРІМПАЗДЫҚ** зат. *Көргіштік, байқағыштық, аңдағыштық.*
**КӨРІН** зат. жерг. *Арба дөңгелегінің шабағашы, тоғын.*
**КӨРІН=** ет. **1.** *Көзге түсу, көзге шалыну, байқалу.* **2.** *Кезігу, ұшырасу.* **3.** *Жолығысу, көзбе-көз сөйлесу.* **4.** ауыс. *Көзге түсу, мәлім болу, танылу.* **5.** ауыс. *Саналу, есептеліну.* **6.** ауыс. *Әшкере болу, сыры ашылу.* **7.** ауыс. *Байқалу, білiну.*
**Көрініп [бір көрініп] қалды.** *Өзін әлдекім етіп көрсетті, әдейі көзге түсті, бағасын арттырды, бұлдады.*
**КӨРІНГЕН** зат. сөйл. *Кім болса, сол, әркім, кез келген адам.*
**Көрінгенге көз салды.** *Көрсеқызарлық қылды, әркімге бір қызықты.* **Көрінгенге көз сүзді**. *Әркімге бір телмірді, дәме етті.* **Көрінгенге көзтүрткі болды**. *Жаманатты болды, жеккөрінішті болды.* **Көрінгенге қол созды**. *Әркімнен үміт күтті, дәмеленді.* **Көрінген көк атты.** *Кім көінген, әлдебіреу.* **Көрінгеннің қобызына биледі.** *Кім болса, соның жетегінде кетті, ырқында жүрді.*
**КӨРІНГІШ** сын. *Көзге түскіш, танылғыш, назарға ілінгіш.*
**КӨРІНГІШТІК** зат. **1.** *Көзге түскіштік, назарға іліккіштік, көз тартушылық.* **2.** физ. *Көріну, байқалу қасиеті.*
**КӨРІНЕ** үст. *Ашықтан-ашық, көрер көзге; қасақана, әдейі.*
**Көріне көзге**. *Көзбе-көз, көрер көзге, ашықтан-ашық.*
**КӨРІНЕР-КӨРІНБЕС** сын. *Көмескі, сәл көрінетін, солғын, болар-болмас.*
**КӨРІНЕУ** үст. *Көрер көзге, ашықтан-ашық, жұрт көзінше, көзбе-көз.*
**Көрінеу көзге.** *Көпе-көрнеу, ашықтан-ашық, көз алдында.*

**КӨРІНУ** *Көрін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көзге шалыну, көзге білiну.* **2.** *Назарға ілігу, басқаларға сырт жағын ғана байқатып, пікір қалыптастыру.*
**Көріну бұрышы.** геом. *Қиылысу нүктесі.* **Көріну формасы**. терм. *Көзге түсу, танылу жолы, амалы.* **Көріну шамасы**. физ. *Көзге шалыну мөлшері.*
**КӨРІНІМ** сын. *Көзге көрінетін, көз ұшындағы, едәуір. // Алыс, қашық, көз жетер жер.*
**КӨРІНІС** зат. **1.** *Адамның және оны қоршаған жанды-жансыз заттардың, яки болмыс дүниесінің көзге шалынатын кескін-кейпі, бейнесі, сыны.* **2.** ауыс. *Дерексіз, абстрактілі заттардың, ұғымдардың белгісі, нышаны.* **3.** өнер. *Көркем әдебиетте, бейнелеу өнерінде суреттелетін біртұтас оқиғалардың, театр, кино драматургиясы шығармаларының жекелеген бөлімдері, үзік-үзік яки дербес эпизодтары.* **4.** *Зерттеу нысанының белгілі бір аймағы, тексерушінің назарын аударған құбылыс, түр, пішін.* **5.** сөйл. ***Көрме***.
**Көрініс берді.** *Бой көрсетті, көзге түсті, байқалды, сезілді.* **Көрініс тапты.** *Көрінді, бейнеленді, қиюласты.*
**КӨРІПКЕЛ** сын. *Болашақты күні бұрын болжайтын, сәуегейлігі бар, көреген.*
**Көріпкелі бар**. миф. *Алдын ала болжай білетін.*
**КӨРІПКЕЛДІК** зат. психол. *Адамның қоршаған ортадағы объективті құбылыстар жайлы бес сезім мүшесінің қызметімен түсіндірілмейтін, ақылдан тыс ақпарат қабылдау мүмкіндігі.*
**КӨРІС** зат. *Көру қабілеті.*
**КӨРІС=** ет. **1.** *Бірге көру, байқау.* **2.** *Біреумен кездесу, жолығысу, жүздесу.* **3.** *Амандасу, сәлемдесу.* **4.** этн. *Жақын туыстардың қайтыс болған адамды жоқтап, дауыс шығаруы.* **5.** этн. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып жылауы, сыңсу айту.*
**КӨРІСТАН** зат. көне. *Қабірстан, үлкен зират.*
**КӨРІСТІР=** ет. *Амандастыру, жолығыстыру; жоқтау айтатын адамдарды жүздестіру.*
**КӨРІСУ** *Көріс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Амандасу, сәлемдесу.* **2.** *Жолығысу, кездесу.* **3.** этн. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып жылауы, сыңсу айту.*
**Көрісуге жазбады.** *Кездесе алмады, жолықпады.* **Көрісуге жазсын!** тілек. *Тағдыр бізді көрістірсін, тағы кездесуге жазсын, алда тағы душарластырсын деген мағынада.*
**КӨС =** ет. **1.** *Қолды шеңгелдеп немесе қолындағы аспабын, құралын мол нәрсеге батыра, бойлата салу, батыру.* **2.** сөйл. *Ұру, соғу, осып жіберу.* **3.** ауыс. *Үсті-үстіне жаудыру, төпелеу.*
**КӨСЕ**[1] [ор. коса] зат. **1.** *Теңіздің, айдынды көлдердің табанын жал-жал етіп көтеріп тұратын су түбінің шөгінділері, дөңес аралдар.* **2.** жерг. *Жағадан суға қарай сұғынып жатытын қайраңды енсіз жер.*
**КӨСЕ**[2] сын. *Жарытып сақал-мұрт шықпайтын, бет-аузы жылмағай. // Көсе адам.*
**КӨСЕ**[3] зат. жерг. *Егеуқұйрық, атжалман.*
**КӨСЕ**[1]**=** ет. **1.** *Жанған отты, жанып жатқан отынды, шоқты, күлді көсеумен қағыстыру, оттың көзін ашу.* **2.** *Көпсіту, қампиту.* **3.** *Құралын батыра салып, мол етіп қамту.*
**КӨСЕ**[2]**=** ет. жағымсыз. *Көстию, состию, сораю.*
**КӨСЕГЕ** зат. көне. **1.** *Шымылдық.* **2.** ауыс. *Құтты орын, киелі мекен, өркен.*
**Көсегесі көгерді**. *Өркені өсті, дегеніне жетті, бағы ашылды, кемеліне келді.* **Көсегесі көгермеді.** *Жолы болмады, өсіп-өнбеді, дегеніне жете алмады.* **Көсегең көгерсін**! алғыс. *Өркенің өссін*! **Көсегесі көк.** *Өркені өскен, гүлденген.* **Көсегесі қиылды.** *Дегеніне жетпеді, мерт болды.*

**Көсегесін көгертті.** *Ырысқа кенелтті, бағын ашты, шаттыққа, қуанышқа бөледі.*

**КӨСЕГЕЛІ** сын. *Құтты, құт дарыған, киелі.*

**КӨСЕК**[1] зат. *Мақта өсімдігінің өнім беретін түйнегі, ұлпа болып ашылатын шанақ, қауашақ.*

**КӨСЕК**[2] зат. сөйл. ***Кәсек.***

**КӨСЕК**[3] зат. жерг. ***Көсеу.***

**КӨСЕКТЕ=** ет. ауылшар. *Мақта өсімдігінің басына көсек байлану, түйнектеу.*

**КӨСЕКТЕУ** ауылшар. *Көсекте етістігінің қимыл атауы.*

**КӨСЕЛ=** ет. **1.** *Қазылу, ойылу.* **2.** *Көсеумен аударыстырылу, қозғалу.*

**КӨСЕЛЕ=** ет. көне. *Кесе-көлденеңдеу, кес-кестеу.*

**КӨСЕЛЕУ** сын. *Сақал-мұрты селдірлеу.*

**КӨСЕЛІК** зат. *Көсе адамға тән кескін-келбет, сақал-мұрт жоқтық.*

**КӨСЕМ**[1] зат. **1.** тар. *Әр алуан саяси-әлеуметтік топтардың, ұйымдардың, ағымдардың жетекшілері, дем берушілері.* **2.** көне. *Тайпалық одақтарды билеушілер, ру басылары.* **3.** *Жөн-жосықты білетін, қиын-қыстауда ақыл табатын кемеңгер.* **4.** *Алдына ат салмай оза жүретін мықты ат.* **5.** ауыс. *Шебер, сара, мәшһүр адам.*

**Көсем айғыр.** *Үйірді бастап жүретін үйірсек айғыр.* **Көсем ат.** а) *Тіркестіре жеккен аттың алдыңғысы, жол бастайтыны, түпкі аттың алдына жегілетін ат.* **Көсем әдебиет**. бейне. *Публицистика, көсемсөз туындысы.* **Көсем басты.** *Бабымен жүрді, аяғын әсем басты.* **Көсемге салынды**. *Көсем ат ретінде жегілді.* **Көсем қылды**. а) *Көсемге салды, көш бастатты.* ә) *Үлгі, өнеге етті.* **Көсем ой**. *Көреген, алғыр ой.* **Көсем салды**. *Көсемдеп жекті, түпкі аттың алдына тағы бір ат салды.* **Көсем топ.** *Бастауыш топ, ұйымдастырушылар.* **Көсем түсті.** *Көсемдік етті, топ бастады.* **Көсем тіл.** *Сара, шешен тіл.*

**КӨСЕМДАР** сын. *Ақылгөй, басшы, көсем іспетті.*

**КӨСЕМДЕ=** ет. *Көсем қылып жегу, көсем салу.*

**КӨСЕМДЕУ** сын. *Көсемдігі бар, жөн-жосықты білетін, бас көтерер, тіс қаққан.*

**КӨСЕМДІК** зат. **1.** *Көсемге тән іс-әрекет, мінез-құлық.* **2.** *Бастама, инициатива.*

**Көсемдік етті [жасады, құрды, қылды].** а) *Жөн-жосық көрсетті.* ә) *Көргенділік, тәрбиелілік көрсетті.*

**КӨСЕМСӨЗ** зат. әдеб. <лат. publicus> *Публицистика* (*әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы).*

**КӨСЕМСӨЗШІ** зат. әдеб. *Көсемсөз жазушы, публицист.*

**КӨСЕМСУ** *Көсемсі етістігінің қимыл атауы.*

**КӨСЕМСІ =** ет. мысқыл. *Көсем боп көріну, көсем болғансу.*

**КӨСЕМСІЗ** сын. **1.** *Көсемі жоқ, көсемінен айырылған.***2.** *Басшысыз, жетекшісіз.*

**КӨСЕМСІН=** ет. мысқыл. *Білгішсіну, ақылдымсыну.*

**КӨСЕМШЕ**[1] зат. **1.** *Кішігірім ел билеуші, көсемсымақ.* **2.** *Бастаушы, жетекші.*

**КӨСЕМШЕ**[2] зат. линг. *Тұлғалық, мағыналық жағынан тиянақсыз болғандықтан, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет етіп тұратын, кемінде екі сыңардан құралып жаңа мағына түзетін күрделі етістік жасауға негіз болатын, өзіне тән синтаксистік қызметі мен морфологиялық тұлғалары бар дербес категория.*

**КӨСЕМШЕ**[3] үст. *Көсем сияқты, көсемге ұқсап.*

**КӨСЕМШЕЛЕУ** сын. сөйл. *Көсемдеу.*

**КӨСЕМШІЛ** сын. *Көсемді жақтағыш, көсемге табынғыш.*

**КӨСЕМШІЛДЕУ** сын. *Көргенділеу; білгіштеу, ақылдылау.*

**КӨСЕМШІЛДІК** зат. **1.** *Көсемсінгендік.* **2.** саяси. *Қатаң орталықтандырылған, идеологияландырылған қоғамдарға тән, жоғары билікке ие адамға бас иіп, тағзым етуге негізделген билік қатынастарының түрі.* **3.** саяси. *Патриархалды-тайпалық және ерте феодалдық Шығыс пен Африкадағы билік институты.*

**КӨСЕҢКІРЕ=** ет. *Көсей түсу, одан әрі көсей беру.*

**КӨСЕП-КӨСЕП: көсеп-көсеп жіберді [қалды]**. *Отты үсті-үстіне көседі, бірнеше рет көседі.*

**КӨСЕТ** = ет. *Біреуге көсеумен отты қағыстырту.*

**КӨСЕУ**[1] зат. **1.** *Отты көсейтін құрал; істік ағаш, имек басты темір, шымшуыр.* **2.** тех. *Металл балқытатын домна пештерінің көзін ашатын ұзын темір сырық, сүймен.*

**Көсеу сабақ.** *Бұтақсыз, сояу сабақ.*

**КӨСЕУ**[2] *Көсе етістігінің қимыл атауы; шоқты қағыстыру, қозғау.*

**КӨСЕУДЕЙ** сын. *Көсеу тәрізді, қап-қара; сидиған, сыриған.*

**КӨСЕУЛЕ=** ет. *Отты, қоламтаны көсеумен қозғау, көсеп жіберу.*

**КӨСЕУЛІК** *сын. Көсеу етуге жарамды, соған лайық.*

**КӨСЕУШЕ** зат. **1.** *Шағын көсеу.* **2.** *Сояу, өсімдіктің келте сабағы.*

**КӨСЕУШІ** зат. *Зауыт, фабрика пештерін жағушы, ыстық су қазанын қайнатушы адам.*

**КӨС-КӨС** од. *Түйе малын шақырғанда айтылатын сөз.*

**КӨС-КӨСТЕ**[1] = ет. *«Көс-көс» деп түйені, ботаны шақыру.*

**КӨС-КӨСТЕ**[2] = ет. сөйл. ***Кес-кестеу.***

**КӨСПЕ** сын. сөйл. *Домбыраны көсілте тартатын.*

**КӨСТЕК**[1] зат. *Кеспелтек ағаш, жуан таяқ, келтек.*

**КӨСТЕК**[2] зат. жерг. *Түсамыстың түймеленіп салынатын түрі, түсау.*

**КӨСТЕК**[3] сын. *Көстиген, сорайған.*

**КӨСТЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Көстеңде.***

**КӨСТЕНШЕ** үст. жерг. *Елден ерекше, айрықша.*

**КӨСТЕҢДЕ=** ет. **1.** *Көстең-көстең ету, аяғын ебедейсіз басу, ордаңдау.* **2.** ауыс. *Сүйреңдеу, сөз бермеу.*

**Көстеңдей басты**. *Ордаң-ордаң етіп жүрді.*

**КӨСТЕҢДЕТ=** ет. *Аяғын көстең-көстең еткізу.*

**КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ** елік. *Сораң-сораң, ордаң-ордаң еткен, көстеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**КӨСТИ=** ет. **1.** *Оқшиюы, одыраю.* **2.** *Сораю, сопаю.*

**КӨСТИТ=** ет. **1.** *Ақситу.* **2.** *Сорайту, сопайту.* **3.** *Көсілту.* **4.** *Соғу, қонжиту.* **5.** ауыс. *Төпеп айта беру.*

**КӨСТІ** зат. жерг. *Матаның қисық кесілгенінен пайда болатын қиық жері.*

**КӨСТІК** зат. сөйл. ***Көстек***[1].

**КӨСУ** *Көс етістігінің қимыл атауы.*

**КӨСІ** = ет. **1.** сөйл. ***Көс.***

**КӨСІК**[1] зат. өс. <лат. daucus carota> *Жабайы сәбіз (далалықта, құмдақ жерлерде өсетін тамыржемісті, сәбіз тәрізді жабайы өсімдік).*

**КӨСІК**[2] зат. сөйл. ***Кәсек.***

**КӨСІКТЕЙ** сын. **1.** *Көсік тәрізді; көсік сияқты.* **2.** *Жұп-жұмыр.*

**КӨСІЛ=** ет. **1.** *Тегіс жерге т.б. отырғанда, шалқасынан жатқанда, тізені бүкпей, аяқты созып жіберу.* **2.** *Малдың, негізінен жылқының, бауырын жаза, құйғыта шабуы.* **3.** *Жосылу, зымырау, зулау, қарқындау, қарыштау.* **4.** ауыс. *Арқа-басы кеңею, денесі жайылу, емін-еркін жайлану.* **5.** ауыс. *Шешіліп, желпініп сөйлеу, шешендікке салу.* **6.** ауыс. *Шабытына міну, шабыттану, шалқу.* **7.** ауыс. *Белгілі бір алқаптың, өзен-судың, ұзын-сонар жолдың көз ұшында созылуы, шетсіз, шексіз мол аймақты қамтуы.* **8.** ауыс. *Дәуірлеу, асқақтау.*

**Көсіле айту.** *Шешіле сөйлеу, егжей-тегжейлі баяндау.* **Көсіле ақты**. *Шалқытай тасыды.* **Көсіле желді**. *Тайпалта сар желіске салды, еркінше желді.* **Көсіле жөнелді**. а) *Ағыза жөнелді, зулады.* ә) *Шешіле сөйледі.* **Көсіле көлбеді**. а) *Ұзаққа, көп жерге созылды, қаптады, көлеңкеледі.* ә) *Ұзыннан ұзақ созылып жатты.* **Көсіле қашты.** *Алды-артына қарамай безді, зыта жөнелді.* **Көсіле құлады**. *Созыла, ұзынынан түсті, жалп етті.* **Көсіле самғады [салды, сермеді].** *Бауырын жазып, құйғыта шапты, бар екпінімен зымырады, ұшты.* **Көсіле сөйледі.** *Жан-жақты етіп, қыза сөйледі; шешіле сөйледі.* **Көсіле сұлады.** *Ұзынынан созылды.* **Көсіле сілтеді.** а) *Бар екпінімен шапты, қарыштады, зымырады.* ә) *Шешіле сөйледі, қызбалана сөйледі.* **Көсіле тартты**. а) *Емін-еркін самғай, құйындата жөнелді.* ә) *Зымырап қашты.* **Көсіле тастады**. *Сілтей тастады, аяғын алшаң басты.* **Көсіле түсті**. а) *Созыла түсті, көсіліңкіреді.* ә) *Екпіндей, қарыштай түсті.* **Көсіле шапты**. а) *Ат басын ірікпеді, бар пәрменімен шапты, шарықтады.* ә) *Еркінсіді, емін-еркін жүрді, өзін ештеңеден шектемеді.* **Көсіле шертті**. *Желдірте қақты.* **Көсіле шырқады**. *Құйқылжыта, тамылжыта, асқақтата ән салды.* **Көсіліп аяңдады**. *Еркін, бауырын жазып асықпай жүрді.* **Көсіліп жатты.** *Көлбеп, кең жайылып, ұшы-қиыры көрінбей жатты.* **Көсіліп жіберді.** *Аяғын созып жіберді, ұзыннан созылды.* **Көсіліп сала берді**. а) *Желе, жосыла жөнелді, бабына келді, қыза түсті.* ә) *Ұшы-қиырсыз боп, кең жайылып жатты.* **Көсіліп сөйледі.** *Шешіліп, желдей есіп сөйледі.* **Көсіліп тастады.** *Аяғын созып жіберді, кеңінен созылды.* **Көсіліп түсті**. *Молынан жатты; баттиып түсті.* **Көсіліп ұшты**. *Самғап ұшты.* **Көсіліп шаба алмады**. *Өндіре жаза алмады, шабыты келмеді.* **Көсіліп шығындады**. *Көп күш, қаржы жұмсады, шығынға белшесінен батты.*

**КӨСІЛДІР=** ет. **1.** *Желдіру, жосылту.* **2.** *Ұзынынан жатқызу.* **3.** ауыс. *Малындыру, бөлендіру.*

**КӨСІЛДІРІҢКІРЕ=** ет. *Үдете түсу, үдетіңкіреу, екпіндетіңкіреу.*

**КӨСІЛМЕ** сын. *Желдірген, еркін жосылған.*

**КӨСІЛМЕЛІ** сын. *Созылыңқы, ұзыннан-ұзақ.*

**КӨСІЛТ=** ет. **1.** *Аяқтарын созу, көсу.* **2.** *Құйғыта шабу, жосылту.* **3.** ауыс. *Құлашын кең жаздыру, қарқындату, шабыттана шалқи түсу, барынша еркін қимылдау.* **4.** ауыс. *Шарықтату, шабыттандыру, жігерлендіру, қанаттандыру, рух беру.* **5.** ауыс. *Желдей есіп сөйлеу, кеңінен толғау.*

**Көсілте жазды.** *Бүге-шігесін қалдырмай жазды.* **Көсілте жазылды**. *Көстите, сойдақтата жазылды.* **Көсілте жеді**. *Көп жеді, обырлана соқты, жұтты.* **Көсілте жорғалатты**. *Тайпалта, тізгінін тежемей жорғалатты.* **Көсілте көсіп-көсіп жіберді**. *Көсеуін бойлата салды, қозғап-қозғап қойды.* **Көсілте қуды.** *Тым-тырақай қуды.* **Көсілте созды.** *Серейте созды, созылды.* **Көсілте соқты**. *Құлаштай соқты, аямай ұрды.* **Көсілте сілтеді**. *Құлаштай сілтеді, өндірте қимылдады, қарыштады.* **Көсілте тартты**. *Келістіре соқты, аямай салып жіберді, оңдырмай ұрды.* **Көсілте шапты**. *Ат басын ірікпей, ағыза шапты.* **Көсілте шерту**. *Домбыраны еркінше шерту, құйқылжыта тарту.* **Көсілтіп айдады**. *Жосылтып айдады, сар желдірді.* **Көсілтіп айтты**. *Майын тамызып айтты; таратып, баппен айтты.* **Көсілтіп алды**. а) *Ат басын қоя берді, желе жортып алды.* ә) *Шабытына мінді, көңілі тасыды.* **Көсілтіп барады**. а) *Ызғытып, сар желдіріп, жосылтып барады.* ә) *Екпіндей түсті, шабыттана сөйледі.* **Көсілтіп жүзді**. *Заулатып, барынша ағындады.* **Көсілтіп жіберді**. *Еркіне жіберді, тежемеді.* **Көсілтіп кетті.** а) *Құстай ұшырып, зымыратып кетті.* ә) *Құйқылжыта тартты.* **Көсілтіп шырқады.** *Әнді тамылжыта, нәшіне келтіре айтты.*

**КӨСІЛТЕ-КӨСІЛТЕ** үст. **1.** *Барынша, бар әлінше, өндіре, опырып-опырып.* **2.** *Құлаштай сілтеп, есіп.*

**КӨСІЛТІП-КӨСІЛТІП** үст. *Үсті-үстіне желдіртіп, қайта-қайта көсілтіп.*

**КӨСІЛУ** *Көсіл етістігінің қимыл атауы; еркін қимылдау.*

**КӨСІЛІҢКІ** сын. **1.** *Кең көсілген, шиыршықсыз, ұзыннан-ұзақ, көз жеткісіз.* **2.** ауыс. *Шалқыған, көтеріңкі.*

**КӨСІЛІС** зат. *Аяқтарын созып, созыла жатыс.*

**КӨСІЛІС**=ет. **1.** *Жөңкілісу.* **2.** ауыс. *Бәрін ақтара айтысу.*

**КӨСІРІЛ**= ет. сөйл. ***Көсілдір.***

**КӨСІТ**=ет. **1.** *Қозғалту, қопсыту.* **2.** *Қарбыту.*

**К..** зат. қарап. **1.** анат. *Зәр шығаратын органдардың, сондай-ақ жыныс мүшелерінің жалпы атауы.* **2.** *Адамның бөксесі, май құйрығы.* **3.** *Аттың арты, бөксесі, сауыры.* **4.** ауыс. *Райы, ыңғайы.* **5.** ауыс. *Соңы, ақыры, шеті, түбі.*

**К...т жаппас.** қарап. *Баланы өте жиі туатын (әйел).* **К...і ашылды**. *Абыройы төгілді, ұятқа қалды.* **К...і бос**. *Берік емес, баянсыз, орнықсыз, тиянақсыз, тұрақсыз.* **К...і белгілі**. *Шамасы, жайы анық, өрісі тар, мардымы шамалы.* **К ... і көрінді.** бейпіл. *Арты ашылды, абыройы төгілді.* **К..і жер іскемеді.** қарап. *Сәл отыруға, демалуға мұршасы болмады; сіңбіруге қолы тимеді.* **К.. ін жапты.** қарап. *Абыройын жапты, қиындықтан шықты.* **К...ін жерге тигізбеді [жер іскетпеді].** *Тыным таптырмады, отырғызбады.* **К...і жоқ**. *Табан тірері жоқ, бәтуасыз, табанының бүрі жоқ.* **К...і көктен келді**. *Аяғы аспаннан келді, ұшып түсті, ісі сәтсіз болды.* **К...і көрінді.** *Сыры ашылды, мән-жайы белгілі болды.* **К...і көпірді**. *Қарық болды.* **К...імен бал ашты**. *Сәуегейсіді, қисынсыз болжам айтты.* **К...ін ашты**. *Масқара қылды, абыройын төкті.* **К...іне бақпас**. *Қырсық, қиқар.* **К...іне қарасын**. *Әлін білсін, шамасына қарасын, асып-таспасын.* **К...іне қыстырмады**. *Елемеді, ескермеді, пысқырып та қарамады.* **К...інен кейін кетті.** *Кері шегінді, артқа кетті.* **К...інен пысты**. *Қатты қорыққандықтан, өзінен-өзі жым болды.* **К...ін қыздырды**. *Желіктірді, айдап салды.* **К...ін қысты.** *Жым болды, үндей алмай қалды.* **К...ін сауды**. *Жалынып-жалпайды, тіленді, қиылып сұрады.* **К...ін шөмейтті**. *Тұралатты, бүрсеңдетті, құрыстатты.* **К...іңді көрем**. *Бір нәрсені істемеске шараң жоқ деген мағынада.* **К...і шөмейді.** *Діңкесі құрыды, тұралады, бүрісті, құнысты.*

**К...АЙНАЛҒЫШ** сын. сөйл. *Жалт бергіш, табансыз.*

**К...АЛАҚШЫ** сын. *Сатқын, екіжүзді, бәтуасыз.*

**К...БАСАР** зат. *Көкпаршының артын алушы, торуылшы.*

**КӨТЕК**[1] зат. жерг. *Шабылған егіннің, пішеннің орнында қалған тұқылы, түбіртегі.*

**КӨТЕК**[2] зат. жерг. *Қайықтың адам отыратын көлденең тақтайы.*

**КӨТЕК**[3] од. қарап. *Ойламаған нәрседен, оқыс қимыл-әрекеттен, орынсыз айтылған сөзден, ерсі көріністен т. б. шошығанда не соларға таңырқағанда әйелдердің айтатын сөзі.*

**Көтегің құрсын!** қарап. *Ісің бар болсын, Құдай сақтасын!*

**КӨТЕЛЕУ** сын. жерг. *Екіжүзді, арамза.*

**К...ЕН** зат. **1.** анат. [лат. perineum] *Ұлы дәрет жолы.* **2.** *Бөксе, май құйрық, дүм; малдың сауырсыны, құйрығы.*

**К...ен зорлық**. *Орынсыз қиянат, көріне жасалған қиянат.* **К...ен ішек.** анат. *Тоқішекке жалғасып, айналышықпен ұштасатын тік ішек.*

**К...ЕНДЕСТІРІЛ** = ет. этн. *Халықтың ғұрпында бір уақытта босанған әйелдердің (босанған соң) бір-біріне ұшырасып, арқаларын түйістіріп, жүзін теріс қаратып, түйіншек алмастыруы.*

**КӨТЕНДІК**[1] зат. *Құйысқандық.*

**К...ЕНДІК**[2] зат. *К...еннің тұсы, сырт аумағы.*

**К...ЕН-МӨТЕН** зат. *К...ен және сол сияқтылар.*

**КӨТЕР**= ет. **1.** *Жанды, жансыз затты, нәрсені, әр алуан денелерді қолмен немесе айыр, күрек т. б. құрал-саймандармен, жүк тиегіш кран, лифт, түрліше автоматты тетіктермен тұрған не жатқан жерінен, деңгейінен жоғарылату, тасымалдау, тиеу.* **2.** *Қару не құралды басынан асыра не белгілі биіктікте ұстау.* **3.** *Дене мүшелерін дағдылы қалыптан қозғап, жоғарылату, қомдау, биіктету.* **4.** *Қолына алу, ұстау.* **5.** ауыс. *Киімнің олпы-солпысын жөндеу, қымтану.* **6.** ауыс. *Ұшыру.* **7.** ауыс. *Әуелету, асқақтату.* **8.** ауыс. *Қызметін, дәрежесін жоғарылату; бағасын өсіру, мәртебесін өсіру, мадақтау.* **9.** ауыс. *Шыдау, төзу, көну, төтеп беру.* **10.** ауыс. *Шығынын мойнына алу.*

**Көтере мақтады.** *Асыра, артық мақтады.* **Көтере сату.** *Топтап сату, көп етіп сату.* **Көтере тасымалдау**. *Жүк жеткізу тауқыметін түгелдей өз міндетіне алу.* **Көтер қолыңды!** әск. *«Бағын, беріл, қарсыласпа, қаруыңды таста!» дегенді білдіретін әскери бұйрық.* **Көтеріп әкетті**. *Жалғастырды, одан әрі өрштті, қолдап кетті.* **Көтеріп қойды.** *Ішімдікті ішіп қойды, алып жіберді.* **Көтеріп [көтере сатып] алды.** *Үстемелеп сатып алды, бәрін бірден сатып алды.*

**КӨТЕРГІЗ**= ет. *Көтерту.*

**КӨТЕРГІШ** сын. **1.** *Жүк көтеруге, тиеуге немесе түсіруге арналған аспап, мәшине не сондай жұмыс атқаратын техникалық тетіктер.* **2.** ауыс. *Нені болса да көтере беретін төзімді, шыдамды, көнбіс.*

**Көтергіш кран.** тех. *Жүкті көтеру және жылжыту (тасымалдау) процесін циклмен атқаратын жүк көтергіш мәшине.* **Көтергіш күш**. тех. *Сұйық не газ ішінде қозғалған денеге сол орта тарапынан әсер ететін күш.* **Көтергіш құралым**. құр. *Ғимараттар мен құрылыстардың беріктігін әрі орнықтылығын қамтамасыз ететін және салмақ әсерлерін қабылдайтын негізгі құрылымдық элемент (арқалық, ферма, жақтау, арка, күмбез, қабырға т.б.).*

**КӨТЕРЕМ** сын. **1.** *Әбден арықтап, аяғын әрең басып тұратын (мал).* **2.** ауыс. *Қажыған, шаршап-шалдыққан, күші қайтқан.*

**Көтеремге айналдырды.** *Шаршатты, діңкелетті.*

**КӨТЕРЕМДЕЙ** сын. *Көтерем сияқты, көтерем тәрізді.*

**КӨТЕРЕМКІЛ** зат. этн. *Ұтылған баланың ұтқан баланы біраз уақыт арқалап көтеретін асық ойынының бір түрі.*

**КӨТЕРМЕ**[1] зат. **1.** *Суды жоғары шығару үшін ағын судың жолына салынатын бөгет, тосқауыл, үйілген топырақ.* **2.** *Жол салу үшін көтеріп, жерден биіктетіп төккен топырақ, құм аралас тас. // Тіреу арқылы көтеріп қойылған.* **3.** ауыс. *Асыра мақтау, жел сөз.*

**Көтерме жап [жол]**. жерг. *Екі жағын биіктетіп, өсіріп жасаған арық.*

**КӨТЕРМЕ**[2] зат. **1.** *Арба не шананың жетегін (тертесін) аттың арқасынан асып, көтеріп тұратын қайыс тартпа.* **2.** жерг. *Құлақ тесігінен өткізіліп, сырғаны ұстап тұратын жіп.*

**КӨТЕРМЕ**[3] зат. *Әлденіп алу үшін уақытша алатын қарыз, несие.*

**КӨТЕРМЕ**[4] зат. *Қабығы алынған, ұзындығы 1 метр 50 сантиметр шамасындай 3 ағаштың басын буып, шай қайнатып, ас пісіруге арналған зат, мосы.*

**Көтерме мосы.** *Өрнек тоқитын станокта пайдаланатын құрал.*

**КӨТЕРМЕ**[5] зат. жерг. ***Көтерем.***

**КӨТЕРМЕ**[6] зат. *Қарақшыға жақындап қалған бәйге атын шаужайлап сүйреп көрсететін көмек.*

**КӨТЕРМЕ**[7] зат. *Шағын киіз үй.*

**КӨТЕРМЕ**[8] сын. *Көбірек мөлшердегі, көтеріңкі, үстеме.*

**Көтерме баға.** экон. *Өнімді көп мөлшерде сатып алған субъектілер үшін қойылатын жеңілдетілген баға.* **Көтерме базар**. *Өнім көп мөлшерде, топтап сатылатын базар.* **Көтерме сауда**. экон. *Өнімді (тауарды, бұйымды) көтере өткізу (сату), яғни көп мөлшерде, ірі топпен өткізу (сату) тәсілі.* **Көтерме сауда бағасы**. экон. *Босату бағасы; кәсіпорындар (фирмалар) және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім мен халық тұтынатын тауарларды сатып алушыларға өткізетін (босататын, сататын) бағасы.* **Көтерме сауда делдалдары**. экон. *Дайындаушы кәсіпорындардың өнімін көтере сатып алатын және тауарды тұтынушыларға немесе сатушылар мен сатып алушыларға (тұтынушыларға) өткізуші тәуелсіз коммерциялық кәсіпорындар мен жекелеген тұлғалар.* **Көтерме сауда жәрмеңкесі**. экон. *Тауарларды көтере сатып алу және сату нысандарының бірі; нарықтық экономика жағдайында өнімнің барлық түрлерінің жеткізілімі жөнінде шаруашылық шарттарын жасасатын орын.* **Көтерме сауда үстемесі**. экон. *Айналыс саласының көтерме сауда буынында құралатын үстеме ақша.*

**КӨТЕРМЕАҒАШ** зат. қолөнер. *Кілем тоқуға арналған өрмектің күзу жіп байланған белағашы.*

**КӨТЕРМЕЛЕ**=ет. **1.** *Сүйемелдеу, көтерісу.* **2.** ауыс. *Дем беру, қолдау, рухани көмек көрсету.* **3.** ауыс. *Мақтау, астына көпшік қою.*

**КӨТЕРМЕЛЕУ** *Көтермеле етістігінің қимыл атауы; мақтау, мадақтау.*

**КӨТЕРМЕЛІ** сын. *Көтермесі бар, көтерме орнатылған.*

**КӨТЕРМЕШІ**[1] зат. **1.** *Шаршап келе жатқан бәйгі атын шылбырынан ұстап тартатын көмек беруші адам.* **2.** ауыс. *Демеуші, қолдаушы, қостаушы.*

**КӨТЕРМЕШІ**[2] зат. *Көтерме саудамен кәсіп етуші алып-сатар адам, саудагер.*

**КӨТЕРТ**= ет. *Қолына ұстату, көтергізу.*

**КӨТЕРТКІЗ**= ет. *Көтергізу, көтерттіру.*

**КӨТЕРТУ** *Көтерт етістігінің қимыл атауы.*

**КӨТЕРУ** *Көтер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғары ұстау, түсірмеу.* **2.** ауыс. *Сөз ету, ұсыныс жасау.* **3.** ауыс. *Көбейту, молайту, арттыру.*

**КӨТЕРУЛІ** сын. *Жоғары көтерілген, түрулі.*

**КӨТЕРІЛ**= ет. **1.** *Ұзару, өсу.* **2.** *Жоғарылау, биіктеу.* **3.** ауыс. *Ілгерілеу, алға шығу, даму.* **4.** ауыс. *Қымбаттау, құны арту.*

**КӨТЕРІЛУ** *Көтеріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орнынан тұру.* **2.** *Жоғарылау, биіктеу.* **3.** ауыс. *Өсу, даму.* **4.** ауыс. *Атақ-абыройы арту.*

**КӨТЕРІЛІҢКІ** сын. сөйл. ***Көтеріңкі.***

**КӨТЕРІЛІҢКІРЕ**= ет. *Көтеріле түсу.*

**КӨТЕРІЛІС** зат. тар. *Бұқара халықтың немесе әлеуметтік-саяси топтардың билік жүйесінің саяси, экономикалық саясатына қарсы наразылығының бір түрі; саяси мәні бар қарулы күрес, ереуіл.*

**Көтеріліс бастады.** саяси. *Жергілікті билеушілер немесе мемлекет басқарушысы мен басқару жүйесіне қарсы шыққан наразы әлеуметтік топтардың қарулы ереуілін, бүлігін ұйымдастырды.*

**КӨТЕРІЛІСШІ** зат. тар. *Көтеріліске қатысушы адам.*

**КӨТЕРІМДІ** сын. сөйл. *Көтере беретін.*

**КӨТЕРІҢКІ** сын. **1.** *Биіктеу, жоғарырақ.* **2.** ауыс. *Әдеттегі мөлшерден, шамадан артығырақ, биігірек, асқақтау.* **3.** ауыс. *Көбірек, молырақ.*

**Көтеріңкі ақы**. экон. *Аяқталған жұмыстың бір жолғы кесімді ақысы.* **Көтеріңкі интонация.** лингв. *Қуанышты, лепті білдіретін сөйлеу әуені.* **Көтеріңкі қайтарым**. гидр. *Жоғарғы іркіліске және қашыртқыға қарсы сызық тарамдарын*

*босату және толтыру тарамдары аралығында орналасатын аймақ.* **Көтеріңкі міндеттеме**. *Жоспардан артық алынған міндеттеме, шарт, уәде.* **Көтеріңкі өлке**. геол. *Қабаттары көбіне көлбеу жатысты және жер бедерінде үстірттер мен биік жазықтар басым аумақты аумақтар.*

**КӨТЕРІҢКІЛЕУ** сын. *Сәл көтеріңкі, биігірек, дөңестеу.*

**КӨТЕРІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Бойын жазыңқырау.* **2.** *Жиырыңқырау, жинаңқырау.*

**КӨТЕРІС=** ет. **1.** *Бір мезгілде, бірге көтеру.* **2.** *Көтеруге жәрдемдесу.*

**КӨТЕРІСУ** *Көтеріс етістігінің қимыл атауы; көтеруге жәрдемдесу.*

**КӨТКЕНШЕК** сын. *Тартыншақ, қырсау, кежір; кертартпа.*

**КӨТКЕНШЕКТЕ=** ет. *Кейін қарай шегіну, шегіншектеу, ілгері қадам баспау.*

**КӨТМАЛДЫ** сын. көне. *Жөнсіз, ұзаққа созылған (дау туралы).*

**К...СІЗ** сын. *Арты жоқ, жыныс мүшелері жоқ.*

**КӨТТІК** зат. жерг. *Аяққиімнің сірісі.*

**КӨТШОҚАЙ** зат. жерг. *Түйенің құйымшағы мен өркешінің арасы.*

**КӨТІКҮЛ** зат. *Әлсіз, аяғы шидиген, көбіне іннің аузында отыратын құс.*

**КӨШ** зат. *Үй ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені.*

**Көш аман [көлікті] болсын**. тілек. *Жүгін артып болып, көшіп бара жатқанда айтылатын, қоныстайтын жерлеріңе аман-есен жетіңдер деген мағынадағы тілек.* **Көш артық [ілгері].** *Анағұрлым, әжептәуір озық, алда.* **Көш ат.** *Көбінесе бұрынғы қазақ көшінде қолданылатын аттар.* **Көш бастады.** *Жетектеді, басшылық етті, соңынан ілестірді.* **Көш бойы**. а) *Жаңа қонысқа жеткенге дейін; көш-қон біткенше.* ә) *Әлдеқайда, анағұрлым.* **Көш жер.** этн. а) *Бір жерден екінші жерге көшіп, қоныс аударудағы ұзақтықты білдіретін халықтық өлшем.* ә) *Біраз жер, алысырақ қашықтық.* **Көш жүре түзеледі.** *Кемшіліктер, кемістіктер жүре-бара жойылады.* **Көшке ерген тайлақша.** *Көрінгеннің ырқында кеткен, соңына ерген деген мағынада.* **Көшке ілесті**. *Дүрмектен қалмады, көпшілікпен бірге болды.* **Көш көлікті болсын!** тілек. *Көш берекелі, салтанатты болсын деген мағынада.* **Көш тартты**. *Алдыңғы түйені бұйдасынан жетелеп, көшті бастап отырды; сапар шекті, жол жүрді.* **Көштен қалған күшіктей.** *Жұртта қаңғыған ит сияқты.* **Көштен қалмады.** *Қатарынан қалмады, елдің істегенін істеді, соңында қалмады, ілесті.* **Көштен қалып, көсеу мінген.** *Құр алақан қалған, есесі кеткен, артта қалған.* **Көш төмен.** *Анағұрлым артта, кенже қалған.* **Көш түйесі.** этн. *Әбзел-тұрманы әшекейленген, әдемі қомдалған, күшті әрі төзімді, көш бастайтын аталық түйе.* **Көш ілгері.** *Артық, артып түсетін.*

**КӨШ=** ет. **1.** *Мекенжайды, отырған орнын өзгерту, ауыстыру.* **2.** ауыс. *Оқуын, қызметін, жұмысын ауыстыру.* **3.** ауыс. *Сыры кету, бояуы түсу.* **4.** ауыс. *Біреудің қолына тию, өту.* **5.** ауыс. *Жаңа жағдайға ауысу, жетістікке жету.* **6.** ауыс. *Амал-тәсілді өзгерту, басқаша әрекет ету.* **7.** ауыс. *Сөздің желісін, әңгіменің тақырыбын өзгерту, ауыстыру.*

**Көш, бәдік, көш**. этн. *Бәдікті аластау, аурудың иесін қуу үшін айтылатын сөз.* **Көшкен ел.** *Бір орыннан екінші орынға ауысып бара жатқан ауыл.* **Көшкен елдей.** *Дуылдатып, думандатып; сән-салтанатымен.* **Көше қашты.** *Үдере көшті, біржола табан аударды.* **Көшкен елдің жұртындай.** *Қаңырап бос қалған, ебей-себей.*

**КӨШБАСТАР** зат. *Ел бастаған көсем, бастаушы.*

**КӨШБАСТАУШЫ** зат. *Көшбасшы, маңдайалдысы.*

**КӨШБАСШЫ** зат. <ағыл. leader> *Қоғамдық ұйымның жеке ықпалы, әлеуметтік процестерде және әртүрлі жағдайларда ұжымдағы, топтағы, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуде маңызды қызмет атқаратын кез келген әлеуметтік топтың беделді мүшесі; сол қауымдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған ортақ іс-әрекетті ықпалдастыру мақсатында әрекет жасауға қабілетті тұлға.*

**КӨШБАСШЫЛЫҚ** зат. *Көсемдік, бастаушылық, басшылық.*

**КӨШБАСЫ** зат. **1.** *Көшті бастаушы адам, керуенбасы.* **2.** ауыс. *Үлгі-өнеге берер адам, жетекші, жаңа ағымның, бағыттың бастаушысы.*

**КӨШЕ** зат. *Қатарласа тізілген үйлердің т.б. арасындағы адамдар мен көліктердің жүруіне арналған жол, кеңістік.*

**Көшеге сыймай жүр**. *Ісіп-кеуіп, мақтанып жүр.* **Көше дабыры.** *Көшедегі абыр-сабыр, шуыл.* **Көшені басына көтерді.** *Айқай-шу, азан-қазан қылды.* **Көше таптау.** *Мақсатсыз, мәнсіз жүру.*

**КӨШЕДЕЙ** сын. *Үлкен, кең, көсіліп жатқан.*

**КӨШЕК**[1] зат. жерг. ***Бота.***

**КӨШЕК**[2] зат. жерг. ***Көшет.***

**КӨШЕ-КӨШЕ** үст. *Қайта-қайта (көшіп), көшіп-қонып (жүріп).*

**КӨШЕЛЕН=** ет. *Дұрысталу, реттелу.*

**КӨШЕЛЕС** сын. сөйл. *Бір көшеде тұратын.*

**КӨШЕЛЕТ=** ет. *Үйлердің арасында көше қалдыру, көше, жол салдыру.*

**КӨШЕЛІ**[1] сын. *Көшесі бар.*

**КӨШЕЛІ**[2] сын. **1.** *Байсалды, ой-өрісі кең, көпті көрген, жөн-жосықты білетін.* **2.** *Қомақты, үлкен.*

**КӨШЕЛІ**[3] сын. жерг. *Дене тұрқы ұзын.*

**КӨШЕЛІЛІК** зат. *Байсалдылық, ой-өрісі кеңдік, көпті көргендік.*

**КӨШЕНІЛ: көшеніл қырмызы.** қолөнер. *Ертеректе Иран мен Үндістаннан әкелінген қызыл бояу түрі.*

**КӨШЕРШІЛІК** зат. жерг. *Көшіп-қонушылық.*

**КӨШЕСІЗ** сын. *Көшесі жоқ.*

**КӨШЕТ** зат. *Көкөніс, гүл, жеміс, ағаш және кейбір техникалық дақылдар өсіруде көшіріп отырғызылатын өсімдіктер.*

**КӨШЕТЖАЙ** зат. *Көкөніс және гүл көшеттерін, сондай-ақ ерте пісетін көкөніс өсіруге арналған жабық құрылыс.*

**КӨШЕТХАНА** зат. ***Көшетжай.***

**КӨШ-ЖӨНЕКЕЙ** үст. **1.** *Жол үстінде, жолшыбай.* **2.** *Арнайы емес, сөз арасында.*

**КӨШ-КӨЛІК** зат. *Көшіп-қонуға пайдаланылатын көлік.*

**КӨШКІ**[1] зат. кәс. *Ауды суға батырып тұратын, ауға байланатын тас.*

**КӨШКІ**[2] зат. жерг. *Тау басынан ылдиға қарай құлаған қар, көшкін.*

**КӨШКІ**[4] зат. этн. жерг. *Киіз үйдің (киізінің) іші-сыртын қаптауға арналып тігілген, ақ матадан жасалған жапқыш.*

**КӨШКІН** зат. **1.** *Тау басынан сырғып түсетін қар, мұз, құм-тас қиыршықтары.* **2.** ауыс. *Көшпенді жұрт, босқын ел.*

**КӨШКІНДЕ=** ет. *Жылжу, қалықтау.*

**КӨШКІНДЕЙ** сын. *Көшкін сияқты, көшкін тәрізді.*

**КӨШКІНДЕУ** *Көшкінде етістігінің қимыл атауы.*

**КӨШКІНТАУ** зат. геогр. *Көшкінді зерттеумен шұғылданатын география саласы.*

**КӨШ-ҚҰЛАШ: көш-құлаш қашты**. *Аттонын аулақ салды.*

**КӨШПЕЙ-ҚОНБАЙ** үст. *Қоныс аудармай, бір жерден қозғалмай.*

**Көшпей-қонбай қараша қатын жоғалды.** *Жоғалатын реті жоқ затты шарқ ұрып іздеп, таба алмай жүргенде айтылатын сөз.*

**КӨШПЕЛІ** сын. *Көшіп жүріп тіршілік ететін, отырықшы емес.*

**Көшпелі автошеберхана**. *Жер жырту, егін ору науқаны кезінде комбайн және басқа да машиналарды жөндеуге пайдаланылатын арнайы автомәшине.* **Көшпелі атыс.** әск. *Бір немесе бірнеше зеңбіректен бірінен соң бірі, барынша жоғары қарқынмен, атыс режімін бұзбай және көздеу дәлдігіне нұқсан келтірмей жүргізілетін атыс.* **Көшпелі ауыл мектептері**. *Көшпелі және жартылай көшпелі ауыл жағдайында елмен бірге көшіп жүріп бала оқытатын мектеп түрі.* **Көшпелі батарея.** әск. *Қорғаныста артиллерияның құрамы, орналасқан орны мен қорғаныстағы атыс жүйесі жөнінде қарсыласты шатастыру мақсатында алдын ала белгіленген бірнеше атыс позициясынан атыс жүргізетін артиллериялық бөлімше (жеке зеңбірек).* **Көшпелі зеңбірек.** әск. *Артиллерияның қорғаныстағы құрамы, орны, атыс жүйесі туралы қарсыласты жаңылдыру мақсатында бірнеше атыс позицияларынан біртіндеп атуға арналған жеке зеңбірек (немесе артиллериялық бөлімше).* **Көшпелі ел.** *Малының жағдайын жасап, көшіп-қонып жүретін ел-жұрт.* **Көшпелі кино**. *Тұрақты кино қондырғылары жоқ жерлерде фильм көрсетуге арналған шағын қондырғы.* **Көшпелілер психологиясы**. психол. *Көшіп жүріп тіршілік ететін халықтардың психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.* **Көшпелі салон-дүкен**. *Ел аралап сауда жасайтын және тапсырыстар қабылдайтын автодүкеннің бір түрі.* **Көшпелі сюжет**. әдеб. *Ауыз әдебиетінде бір елден екінші елге, бір әдебиеттен екінші әдебиетке ауысып жүретін, ортақ оқиғалық желі.* **Көшпелі театр**. *Елді мекендерді аралап, спектакль көрсететін театр [Ол профессионалдық ойын-сауық орнының ерекше түрі ретінде 19 ғ-да Еуропа мен Американың көптеген елдерінде пайда болды].* **Көшпелі үй.** *Шопан, малшы қауымының жазы-қысы көшіп-қонып жүруіне қолайлы, бір орыннан екінші орынға ауыстырып отыруға болатын құранды үйі.* **Көшпелі электр стансысы**. *Конструкциясы кез келген қашықтыққа жеткізуге мүмкіндік беретіндей болып жасалған электр стансысы.*

**КӨШПЕЛІЛІК** зат. *Көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі.*

**КӨШПЕНДІ** сын. сөйл. ***Көшпелі.***

**Көшпенді құстар**. зоол. *Азық іздеп, қолайсыз ауа райы, жаңбырлы, құаңшылық, көктем мен күз кездерінде және т. б. кезеңдерде қоныс аударатын құстар.*

**КӨШПЕНДІЛІК** зат. *Көшпенді өмір, көшпелілік.*

**КӨШСЫРМАҚ** зат. қолөнер. *Көшкенде артылған жүктің үстінен жауып жүруге арналған үлкен сәнді сырмақ.*

**КӨШТЕЙ** сын. *Көш сияқты, көш тәрізді.*

**КӨШУ** *Көш етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Орын ауыстыру.* **2.** ауыс. *Жаңа тәртіпке өту, жаңа бағытта жұмыс істеу.*

**КӨШІК** зат. ескікіт. *Қала сыртындағы сарай, бағы бар сарай.*

**КӨШІ-ҚОН** зат. қоғ.-әлеум. <лат. migratio> *Адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы.*

**Көші-қон департаменті (басқармасы).** *Облыстар мен үлкен қалалардағы көші-қон жұмысымен айналысатын орган.* **Көші-қон заңы**. құқық. *Көші-қон саясатын жүзеге асыруға арналған нормативтік құқықтық актілер.* **Көші-қон квотасы**. *Көші-қон үлестемесі, атажұртқа келуші шетжұрттық қазақтардың үкімет белгілеген жыл сайынғы мөлшерлі саны.* **Көші-қон комитеті**. *Көші-қон саясатын іске асырумен айналысатын комитет.* **Көші-қон тәртібі**. *Уақытша немесе тұрақты мекендеу және еңбек ету үшін ел аумағына қоныс аударатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың көшіп келуінің, сондай-ақ ел аумағынан қоныс аударатын жеке тұлғалардың шетелге көшіп кетуінің немесе әртүрлі себептермен ел ішінде*

*тұрғылықты мекенінен қоныс аударушылардың көшіп-қонуын реттейтін заң жобасы.*

**КӨШІ-ҚОҢ** зат. сөйл. ***Көші-қон.***

**КӨШІМПАЗДЫҚ** зат. *Көшуге әуестілік, құмарлық.*

**КӨШІН** зат. көне. ***Көші-қон.***

**КӨШІП-ҚОН=** ет. *Бір жерден екінші жерге қоныс аудару; көшіп жүру.*

**КӨШІП-ҚОНУ** *Көшіп-қон етістігінің қимыл атауы.*

**КӨШІР**[1] [ор. кучер] зат. *Ат айдаушы, делбе ұстаушы.*

**КӨШІР**[2]= ет. **1.** *Мекенжайын ауыстырту.* **2.** *Бір жазғанды екінші қайталап жазу немесе қайталап басу.*

**Көшіріп кетті.** *Дым қоймай, сыпырып әкетті, ұры түсті.*

**КӨШІРГІШ** зат. **1.** көне. *Көшіріп жазушы адам.* **2.** *Көшірме түсіретін қағаз.*

**КӨШІРЛІК** зат. *Көшірдің қызметі.*

**КӨШІРМЕ**[1] зат. **1.** *Түпнұсқа жазудан көшіріліп алынған дана.* **2.** инф. <ағыл. copy> *Көшірме алу нәтижесі* [MS DOS- та көшірме алу командасы].

**Көшірме том.** инф. <ағыл. back-up volume> *Түпнұсқасы ретінде басқа томда орналасқан файлдың көшірмесінен тұратын том.*

**КӨШІРМЕЛЕУ** зат. инф. <ағыл. copying> **1.** *Алғашқы мәліметтерді сақтай отырып олардың көшірмесін алу.* **2.** *Графикалық пайдаланушылық интерфейсте – объектіні таңдау.*

**КӨШІРМЕЛЕУІШ** сын. *Белгілі бір үлгі бойынша көшірме жасайтын, көшірме жасауға арналған.*

**Көшірмелеуіш құрылғы**. тех. *Бұйымдар бетін (әдетте, беті тегіс емес) өңдеу процесі кезінде өңделіп шығарылатын бұйымның аналогы болып есептелетін көшірмелеуіші бар металл немесе ағаш кескіш станоктардың тетігі.* **Көшірмелеуіш станок**. тех. *Нұсқа (үлгі, модель, чертеж) бойынша әртүрлі бұйымдардың көшірмесін жасауға арналған станок.*

**КӨШІРМЕШІ** зат. *Көшіріп жазушы.*

**КӨШІРТ**[1]= ет. *Қоныс аударту.*

**КӨШІРТ**[2]= ет. *Қайта жаздырту.*

**КӨШІРТУ** *Көшірт етістігінің қимыл атауы; орын ауыстыру.*

**КӨШІРУ** *Көшір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мекенжайын, үйінің тұрған жерін, малдың жайылымын ауыстыру.* **2.** этн. *Ауруды қуу, аластау.* **3.** зат. инф. *Ақпараттың алғашқы нұсқасын өз орнында сақтай отырып, жаңа орында сол мәліметтердің көшірмесін алу.*

**КӨШІРІЛ**[1]= ет. *Мекенжайы ауыстырылу, басқа орынға қоныстандырылу.*

**КӨШІРІЛ**[2]= ет. *Қайта жазылу; көшірмесі алыну.*

**КӨШІРІЛУ** *Көшіріл етістігінің қимыл атауы; ауыстыру.*

**КӨШІРІС=** ет. *Бірге көшіру.*

**КӨШІРІСУ** *Көшіріс етістігінің қимыл атауы.*

**КРАБ** [гол. crabe] зат. зоол. *Теңізде өмір сүретін шаян тәрізді жәндік.*

**КРАКОВЯК** [пол. krakowiak] зат. *Польшаның Краков қаласында пайда болған поляктің шырақ халық биі.*

**КРАН**[1] [нем. Kran] зат. *Әр алуан жүктерді көтеруге, тиеп-түсіруге арналған күрделі техника.*

**КРАН**[2] зат. [гол. kraan] зат. *Су не басқа сұйық зат жүретін трубалардағы, жүйелердегі бұрандалы шүмектер.*

**КРАНИОЛОГИЯ** [грек. kranion – бас сүйегі, logos – ілім] зат. антр. *Антропология ғылымының бас сүйек құрылысын зерттейтін саласы.*

**КРАНШЫ** зат. *Кранмен жұмыс істейтін маман.*

**КРАТЕР** [грек. krater] зат. **1.** *Жанартаудың басындағы немесе беткейіндені шұңқыр, жанартаудың аузы.* **2.** *Ай бетіндегі сақина тәрізді таулар.* **3.** *Ежелгі Грекияда шарапты сумен араластыруға арналған екі тұтқалы терең тостаған тәрізді ыдыс.*

**КРАТОЛОГИЯ** [лат. kratos – билік, logos – ілім] зат. *Билік туралы ілім.*

**КРАУАТ** зат. сөйл. *Кереует.*

**КРАУН-ЭФИРЛЕР** зат. хим. *Катиондарды бөлуге экстрагент ретінде қолданылатын, биологиялық жарғақтардың қызметінде зор маңызы бар химиялық қосылыстар тобы.*

**КРАФТ-ЦЕЛЛЮЛОЗА** зат. хим. *Жоғары механикалық беріктігі бар ағартылмаған сульфатты целлюлоза.*

**КРАХМАЛ** [нем. Kraftmehl] зат. **1.** хим. *Өсімдіктен алынатын ұнтақталған көмірсу.* **2.** биол. *Амилоза және амилопектин фракцияларынан тұратын күрделі полисахарид.*

**Крахмал өндірісі**. хим. *Өнеркәсіптің түрлі салаларына қажетті крахмал өндіру.*

**КРАХМАЛДЫ** сын. *Крахмалданған.*

**КРЕАТИВ** зат. этн. *Тауарларды, көрсетілетін қызмет түрлерін, брендтерді (әдетте жарнамаларда) ілгерілету үшін пайдаланылатын шығармашылық шешім.*

**КРЕАТИВТІЛІК** [лат. creatio] зат. псих. *Адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті.*

**Креативтілік тестілері**. пед. *Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін зерттеп, бағалауға арналған әдістемелер жиынтығы.*

**КРЕБС: кребс циклі**. биол. *Көмірсулары, май қышқылдары және амин қышқылдары сияқты энергетикалық заттар үшін тотығудың жалпы жолы.*

**КРЕДИТ**[1] [лат. credit] зат. экон. *Бухгалтерлік шоттардың оң жағы, шығыс бөлігі.*

**КРЕДИТ**[2] [лат. creditum] зат. экон. **1.** ***Несие*** *(тауар не ақшалай қаражатты белгілі бір мерзімге пайыз төленетін несиеге беру).* **2.** *Сметаға енгізілген сома.*

**Кредит блокадасы**. экон. ***Несие блокадасы*** *(жекелеген мемлекеттердің немесе олардың халықаралық қаржы ұйымдарының кейбір елге немесе бірнеше елге кредит беруден бас тартуы).* **Кредит дағдарысы.** экон. ***Несие дағдарысы*** (*несие жүйесінің қожырауы).* **Кредит желісі.** экон. ***Несие жүйесі*** *(қаржы-несие мекемесінің қарыз алушының алдында оған белгілі бір уақыт кезеңінде келісілген лимит шегінде кредит беру жөнінде заңды түрде ресімделген міндеттемесі).* **Кредит жүйесі.** экон. ***Несие жүйесі*** *(Бір ел шеңберіндегі несие нысандары мен әдістерінің және оларға сай келетін несие мекемелерінің (банктер, ломбардтар, сақтандыру қоғамдары т.б.) жиынтығы)* **Кредит карточкасы.** экон. ***Несие карточкасы*** (*банк мекемесі немесе өзге мамандандырылған эмитет – мекемеде иеленушінің шоты бар екенін куәландыратын және тауарлар мен қызметтер көрсетуді түрлі сауда желісінің кәсіпорындарында қолма-қол ақшамен төлемей-ақ сатып алуға құқық беретін атаулы ақшалай құжат).* **Кредит өтеу қабілеті.** экон. *Несие өтеу қабілеті* (*несие алу үшін алғышарттардың болуы, оны қайтару қабілеті).* **Кредит реформалары**. экон. ***Несие реформалары*** *(кредит жүйелерінің құрылымын, кредит түрлері мен кредит беру тәсілдерін өзгертуге бағытталған мемлекеттік шаралар жиынтығы).* **Кредит шарты.** экон. ***Несие шарты*** (*несиегер мен қарызгердің арасындағы шарт).*

**КРЕДИТ-АҚША: кредит-ақша саясаты**. экон. ***Несие-ақша саясаты*** (*мемлекет экономикасында ақша мөлшерін реттеу мақсатында қолданылатын шаралар кешені).*

**КРЕДИТОР** [лат. creditor] зат. экон. ***Несиегер.*** **1.** *Азаматтық құқықта: міндеттеуші тарап, яғни қарызға (несиеге, борышқа) ақшалай қаражат, тауар және басқа құндылықтар беруші жеке немесе заңды тұлға.* **2.** *Бухгалтерлік есепте: кәсіпорын (азамат) ақшалай қаражат берешек болған жеке немесе заңды тұлға.* **3.** *Кредиттік келісімшарттың қарызгерге қайтарылу және өсім төлену шартымен ақшалай қаражат (кредит) беруші тарабы.*

**КРЕДИТОРЛЫҚ** сын. экон. ***Несиегерлік*** *(кредиторға тән, кредиторға қатысты).*

**Кредиторлық берешек**. экон. *Несиегерлік берешек* (*заңды немесе жеке тұлға уақытша таратқан, несиеге алған мерзімді уақыты біткен соң тиісті заңды тұлғаларға немесе азаматтарға қайтарылуға тиіс ақшалай қаражат).*

**КРЕДИТТІК** сын. экон. ***Несиелік*** (*кредитке тән, кредитке қатысты).*

**Кредиттік ақша.** экон. *Несиелік ақша кредиттің дамуы және ақшаның төлем құралы ретіндегі атқарымы негізінде пайда болған төлем құралдары (банкноттар, чектер, вексельдер).* **Кредиттік билеттер.** экон. ***Несиелік билеттер*** (*эмиссиялық банктер шығаратын және кредиттік ақша рөлін атқаратын құн белгілері).* **Кредиттік шектеу.** экон. ***Несиелік шектеу*** (*кредит мөлшерін банктер мен мемлекеттің шектеуі немесе қысқартуы).*

**КРЕДО** зат. *Адамның өмірлік ұстанымы; мұрат.*

**КРЕЗОЛДАР** зат. хим. $CH_3C_6H_4OH$ - *химиялық қосылыстар тобы; құрамына гидроксил тобы кіретін толуол туындыларының о-, м-, п- изомерлері.*

**КРЕЙСЕР** [гол. kruiser] зат. әск. *Шапшаң жүзетін үлкен соғыс кемесі.*

**Крейсер қимылдары**. әск. *Теңіз коммуникацияcындағы ұшақтардың, суүсті кемелері мен қайықтардың қарсылас кемелерін жою және оның теңіз тасымалдарын бұзу мақсатында өз бетімен жүргізетін ұрыс әрекеттерінің жиынтығы.*

**КРЕЙСЕРЛІК** сын. әск. *Крейсерге тән, крейсерге қатысты.*

**Крейсерлік жылдамдық**. физ. *Ұшақтың нақты тапсырманы орындау үшін ең пайдалы ұшу жылдамдығы.*

**КРЕКЕР** зат. тамақ. *Құрғақ, әдетте тәтті емес печенье.*

**КРЕКИНГ** зат. *Мотор отындары мен химиялық өнеркәсіп шикізаттарын алу мақсатында мұнай немесе оның фракцияларын өңдеу.*

**КРЕМ**[1] [франц. crême] зат. тамақ. *Торттың бетін әшекейлеп өрнектеу үшін пайдаланылатын қою, тәтті тағам түрі.*

**КРЕМ**[2] [франц. crême] зат. **1.** ***Иісмай*** *(беттің өңін әрлендіру, терісін жұмсарту үшін жағылатын иісмай).* **2.** ***Аяқмай*** (*аяқкиімді күту үшін қолданылатын қоңыр, қара, қызғылт түсті не түссіз май).*

**КРЕМАТОРИЙ** [лат. crematorium] зат. *Өлікті күл қылып өртеп жіберетін арнаулы пештері бар орын.*

**КРЕМАЦИЯ** [лат. crematio] зат. *Мәйітті арнаулы тәсілмен өртеу әдісі.*

**КРЕМЛЬ** зат. тар. **1.** *Орыс қалаларының ескі бекіністері.* **2.** аyыс. *Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкіметі орталық мекемелерінің тұрағы, орны.*

**КРЕМНЕЗЕМ** зат. геол. *Табиғатта кварц түрінде ұшырасатын, таужыныстарын құрайтын басты қосылыс*

**КРЕМНИЙ** [лат. silicium] зат. хим. *Құрамында тас, шыны, құм, таужыныстары кездесетін химиялық элемент.*

**Кремний карбиді**. хим. *Кремнийдің көміртекпен қосылысы.* **Кремний қостотығы.** хим. *Табиғатта b-кварц түрінде өте кең тараған минерал.* **Кремний қышқылдары**. хим. *Кремний ангидридінің* $SiO_2$ *туындылары, өте әлсіз, суда нашар еритін қышқылдар.*

**КРЕМНИЙЛЕ=** ет. геол. *Ыстыққа, тозуға төзімді, жемірілмейтін қасиеттерін күшейту үшін материалдардың бет жағы мен көлемін кремниймен қанықтыратын химиялық-термиялық процесс.*

**КРЕМНИЙЛЕН=** ет. зат. геол. *Таужыныстардың кремнезем түрлерімен (опалмен, халцедонмен, кварцпен) молығу процесі.*

**КРЕМНИЙЛЕНУ** *Кремнийлен етістігінің қимыл атауы.*

**КРЕМНИЙЛЕУ** *Кремнийле етістігінің қимыл атауы.*

**КРЕМНИЙЛІ** сын. геол. *Кремнийі мол, кремний қосылған.*

**Кремнийлі жыныстар**. геол. *Түгелдей дерлік немесе басым көпшілігі кремнийдің бос не сулы тотығынан түзілген шөгінді жыныстар тобы.* **Кремнийлі тақтатастар**. геол. *Жұқа тақташалы, көбінесе жарғақты, қатты, тығыз, омырылым беткейі кедір-бұдыр болып келетін шөгінді кремнийлі таужыныстардың жалпылама атауы.* **Кремнийлі шөгінділер**. геол. *Аморфты кремнеземге молыққан ($SiO_2$>10-30%), аз кремнийлі (20-30% $SiO_2$ аморфты), кремнийлі (30-50% $SiO_2$ аморфты), аса кремнийлі (>50% $SiO_2$ аморфты) шөгінділер.*

**КРЕМНИЙЛІЛІК** зат. хим. *Кремнийленудің деңгейлік мөлшері.*

**Кремнийлілік индексі**. геол. *Негізді метаморфтық таужыныстардың бастапқы табиғатын химиялық талдаулардың нәтижелері бойынша (тотықтардың салмақ %-ы) анықтау үшін енгізілген петрохимиялық параметр.*

**КРЕМНИЙСІЗДЕН=** ет. геол. *Силикатты таужыныстардың химиялық моруында кремнийдің еріп әкетілуі.*

**КРЕМНИЙСІЗДЕНУ** *Кремнийсізден етістігінің қимыл атауы.*

**КРЕМ-СОДА** зат. тамақ. *Салқындатылған тәтті сусын түрі.*

**КРЕОЛДАР** [исп. criollo] зат. *Америкадағы испан, португал, француз отарларында туған еуропалық отаршылдардың ұрпақтары; негізінен Латын Америкасындағы испан және португал басқыншыларының тұқымдары.*

**Креол тілдер**. [ағыл. creole languages] *Пуджин тілдердің қызмет аясын қажетінше кеңейтіп, құрылымын реттеп, қандай да бір тілдік қауымдастық үшін ана тіліне айналдырылуы арқылы пайда болған тілдер.*

**КРЕНОЗ** зат. *Мамық жүнді аңдардың жұмыр құрттар қоздыратын инвазиялық кеселі.*

**КРЕОЛИН** зат. *Қара қоңыр сұйық зат.*

**КРЕП** [франц. crepe] зат. *Қара түсті жұқа мата.*

**КРЕПДЕШИН** [франц. crêpe de Chine] зат. *Креп негізді жібек матаның бір түрі.*

**КРЕПЬ** ор. зат. *Шахтаның рудасы алынған жерінің төбесін, қабырғаларын ұстау үшін қойылатын тіреу, аша.*

**КРЕСЛО** зат. *Арқасы және шынтақ тірейтін екі жақтауы бар кең, жұмсақ, сырты қапталған сәнді отырғыш.*

**КРЕСТ** зат. ***Айқыш*** *(христиан дінінің қосу белгісіне ұқсас бұйымы).*

**КРЕСТГҮЛДІЛЕР** зат. биол. <лат. cruciferae> ***Айқышгүлділер*** *(бір, екі және көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық өсімдіктер тұқымдасы).*

**КРЕТИНИЗМ** [франц. cretinisme] зат. мед. *Қалқанша бездерінің нашар дамуына байланысты туатын ауру.*

**КРЕФИГУРАТИВТІ** сын. фил. *Үлкендердің өзінен кішілерден, балаларынан үйренетін мәдениетке қатысты.*

**КРИЗ** [франц. crise] зат. мед. *Аурудың кенеттен асқынуы.*

**КРИЗИС** [грек. krisis] зат. экон. ***Дағдарыс*** *(қиыншылықтың асқынған шегі).*

**КРИЗИСТІК** сын. ***Дағдарыстық***.

**Кризистік күй**. физ. ***Дағдарыстық күй.*** *Екі фазалы жүйенің физикалық қасиеттері бірдей болып, олардың арасындағы фазалар айырмашылығы түгелдей жойылатын тепетеңдіктің шекті күйі.* **Кризистік құбылыстар**. физ. ***Дағдарыстық құбылыстар*** *(кризистік нүктелер мен шекті фазалық ауысу нүктелерінің төңірегінде байқалатын ерекше құбылыстар).* **Кризистік қысым**. физ. ***Дағдарыстық қысым*** *(заттың кризистік күйіндегі қысымы).* **Кризистік нүкте**. физ. ***Дағдарыстық нүкте*** *(сұйық пен оның буының арасындағы айырмашылық жойылатын нүкте).* **Кризистік температура**. физ. ***Дағдарыстық температура*** *(тепетеңдік қалыпта тұрған сұйық пен оның буының арасындағы айырмашылық жойылатын температура).*

**КРИКЕТ** [ағыл. cricket] зат. спорт. *Үндістан, Аустралия, Англияда және Уэльсте, Пәкістанда, Оңтүстік Африка, Жаңа Зеландия мен Шри-Ланкада, Кариб аралдарында кең тараған таяқ (бита) пен доп арқылы ойналатын спорт түрі.*

**КРИЛЬ** [гол. kriel] зат. *Киттерге, балықтарға, құстарға, планктонмен қоректенетіндерге және т.б. ағзаларға азық болып табылатын, теңізде тіршілік ететін ұсақ шаянтәрізділердің (бүйірлеп жүзгіштердің) кәсіптік атауы.*

**КРИМИНАЛ** [лат. criminalis] зат. *Заң; қылмыстық іс.*

**КРИМИНАЛИСТИКА** [нем. Kriminalistik] зат. заң. *Қылмысты ашу және тергеу үшін қылмыстық процесте қолданылатын, азаматтық не қылмыстық істерді қарағанда пайдаланатын техникалық және тактикалық тәсілдер, бұлтартпайтын дәлелдерді жинау және зерттеу әдістері мен құралдары туралы ғылым.*

**Криминалистикадағы дыбыс және бейнежазба**. заң. *Жасалған тергеу әрекетін, процессуалдық ережелердің нәтижелерін бекітудің қосымша ғылыми-техникалық құралы.* **Криминалистиканың жалпы теориясы**. заң. *Криминалистика ілімінің теориялық және әдіснамалық негіздері, криминалистік түсініктер, категориялар және терминдер.*

**КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ** сын. *Криминалистік.*

**КРИМИНАЛИСТІК** сын. заң. *Криминалистикаға тән, криминалистикаға қатысты.*

**Криминалистік автортану**. заң. *Криминалистік техниканың саласы, құжаттардың криминалистік идентификациясының құрамдас бөлігі.* **Криминалистік әдістеме**. заң. *Қылмыстың жеке түрлерін тергеу әдістемесі.* **Криминалистік баллистика**. заң. <нем. Kriminalistik лат. ballista, грек. balo – лақтырамын> *Криминалистік техниканың саласы, криминалистік қарутанудың құрамдас бөлігі.* **Криминалистік болжау**. заң. *Тергеушінің (сарапшы, маман, сот, прокурор, адвокаттың) тергеудің белгілі бір кезеңдерінде туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән-жайлары жөніндегі ой-пікірі.* **Криминалистік габитоскопия**. заң. *Адамның бейнесін зерттеп, оны суреттеу бойынша ұсынымдарды дайындайтын криминалистік техниканың саласы.* **Криминалистік диагностика**. заң. *Материалдық объектінің жаратылысын және күйін анықтау.* **Криминалистік есеп**. заң. *Криминалистік маңызы бар объектілерді немесе мәліметтерді бекіту, жүйелеу бойынша ғылыми негізделген жүйені білдіретін криминалистік техниканың саласы.* **Криминалистік жарылыстану**. заң. *Жарылыс құрылғыларын қолданумен байланысты объектілерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайтын криминалистік техниканың бағыты.* **Криминалистік идентификация**. заң. *Криминалистиканың теориялық білімдерінің негізі.* **Криминалистік коллекция** заң. *Жедел іздестіру, идентификациялық және диагностикалық мақсатпен әртүрлі нысандарды, үлгілерді (қару-жарақ, атыс құралы, аяқ- киім өкшесінің, қалам сиясының бөліктері және т.б.) жинау.* **Криминалистік қарутану.** заң. *Криминалистикалық баллистикадан және суық қаруды зерттеуден құралған криминалистік техника саласы.* **Криминалистік қолжазбатану**. заң. *Криминалистік техникада құжаттарды криминалистік зерттеу саласының құрамдас бөлігі.* **Криминалистік құралдар мен әдістер**. заң. *Сот зерттеуін жүзеге асыру үшін криминалистика тұрғысында әзірленетін арнаулы аппаратуралар, материалдар, құрал-саймандар, әрекет ету тәсілдері.* **Криминалистік одорология**. заң. *Зерттеу нысаны иістік іздер болып табылатын, иістік іздерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындайтын криминалистік техникадағы бағыт.* **Криминалистік сараптама**. заң. *Адамды, жануарды, көлік құралдарын, құрал-жабдықтарды, материалдарды, заттар мен бұйымдарды олардағы немесе бүтіннің бөліктеріндегі бар із-көріністері бойынша теңдестіру; сондай-ақ теңдестірілмейтін мәселелерді шешу мақсатында заттай дәлелдемелер мен басқадай іс материалдарын зерттеуде криминалистика деректері мен әдістерін пайдаланумен сипатталатын сараптамалар тобы.* **Криминалистік сәйкестендіру теориясы.** заң. *Дәлелдеме алу мақсатында объектілерді теңдестірудің (айырудың негізінде, олардың көрінісі бойынша) принциптері, әдістері мен құралдары туралы ілім.* **Криминалистік тактика**. заң. *Криминалистиканың бір бөлімі; қылмысты жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды анықтауға, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге бағытталған жеке тергеу әрекеттерінің тәсілдерін, алдын ала және сот тергеулерін ұйымдастыру және жоспарлау жүргізетін адамдардың іс-әрекетін анықтауға ғылыми жағдайлар және оның негізінде оларды жетілдіруге негізделген ұсыныстар жүйесі.* **Криминалистік техника**. заң. *Криминалистиканың бір бөлімі; қылмысты ашуда және алдын алуда басқа шаралар мен дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен пайдалануға арналған ғылыми жағдайлар және оның негізінде жетілдірген техникалық әдіс, тәсіл және тәсілдемеліктердің жүйесі.* **Криминалистік трасология**. заң. *Криминалистік техника саласы, криминалистік ізтанудың құрамдас бөлігі.* **Криминалистік тіркеудегі дактилоскопиялық жүйе**. заң. *Он саусақ, бес саусақ, бір саусақ бойынша жүргізілетін дактилоскопиялық тіркеу жүйесі* . **Криминалистік ұсыныстар**. заң. *Тергеу жүргізу кезінде техникалық тәсілдер мен әдістемелерді таңдау мен қолдануға қатысты тәжірибелік және ғылыми тұрғыдан негізделген және мақұлданған кеңестер.* **Криминалистік фотография және бейнежазба**. заң. *Криминалистік техниканың саласы.* **Криминалистік ізтану**. заң. *Криминалистік техниканың саласы.*

**КРИМИНАЛИТЕТ** зат. заң. *Заңды бұзушы адамдар; қылмыстық топ.*

**КРИМИНОГЕНДІК** [ағыл. criminogenal] сын. заң. *Қылмыс тудырушы.*

**Криминогендік жағдай**. *Қылмыс тудыратын, қылмыстың өсуіне ықпал ететін, қылмыстық іс-қимылдармен сипатталатын жағдай.*

**КРИМИНОЛОГИЯ** [лат. crimen – қылмыс, грек. logos–ілім] зат. заң. *Қылмыс, қылмыскердің тұлғасы туралы ілім.*

**КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. заң. *Криминологияға тән, криминологияға қатысты.*

**Криминологиялық болжам**. заң. *Болашақта қылмыстылықты жасалу мүмкіндігі, соның ішінде қайталану (рацидивизмнің болжамы) немесе адамның жәбірленуші болу мүмкіндігі туралы ғылыми болжам.* **Криминологиялық жоспарлау**. заң. *Қылмыстылықты болжаудың негізінде жүргізілетін қылмыстылықпен күрестің мақсаттары мен міндеттері, оларды шешудің бағыттары, жолдары.*

**КРИО** [грек. kryos] *Төменгі температураға, мұзға қатысы бар күрделі сөздің бөлігі (мыс. криосфера).*

**КРИОБИОЛОГИЯ** [грек. kryos – суық, аяз, мұз, bios – өмір, logos– ілім] зат. биол. *Төмен және аса төмен температуралардың (0°С-тан*

*абсолют нөлге жуық) тірі ағзаға тигізетін әсерін зерттейтін ғылым, биологияның бір бөлігі.*

**КРИОБИОНТТАР** [грек. kryos – мұз, аяз, bion – тіршілік етуші] з а т. с у ш а р. *Қарда немесе мұзда тіршілік ететін ағзалар.*

**КРИОГЕНЕЗ** [грек. kryos – суық, genesis – тек] з а т. ф и з. *Криосферада (тоң қабатында) өтетін және мұз қалыптасуы қоса жүретін физикалық, химиялық, биохимиялық басқа да процестердің жиынтығы.*

**КРИОГЕНДІ: криогенді зымыран [ракета] отыны**. *Құрамдас бөлігінің бірі не екеуі бірдей сұйытылған газдар (сұйық оттек, фтор, сутек т.б.), яғни криогендік деп аталатын температураға дейін суытылған зымырандық сұйық отын.*

**КРИОГЕНДІК** [грек. kryos – суық, аяз, genes – тудырушы] с ы н. *Төмен температураға қатысты, төмен температураға тән.*

**Криогендік бітім.** г е о л. *Тоңданған таужыныстардағы мұз шлирлерінің ірілігі, пішіні және орналасу ерекшелігі.* **Криогендік құрылым.** г е о л. *Мұз керішпен бекітілген тоңған дисперсиялық таужыныстарға және органогендік-минералдық түзілімдерге тән.* **Криогендік сорғы**. г а з. *Газдарды аса төменгі температураға дейін (0,5 К-тан төмен) салқындатылған заттарға сіңіру арқылы сирететін конденсиялы немесе сорбциялы вакуумдық сорғы.* **Криогендік техника.** ф и з. *Криогендік температура (яғни 120 К-нен төменгі температура) алу және оны пайдалану мәселелерін зерттейтін ғылым мен техника саласы.*

**КРИОГИДРАТТАР** [грек. kryos – суық, hydor – су] з а т. х и м. *Су мен эвтектикалық құрамды тұздардың қатты қоспалары.*

**КРИОЛИТ** [грек. kryos – суық, lithos– тас] з а т. м и н е р. *Натрий мен аллюминийдің күрделі фториді, ақ түсті күңгірттеу.*

**КРИОЛОГИЯ** [грек. kryos – суық, logos – ілім] з а т. г е о г р. *Мұзды тау жынысы ретінде қарастырып, оның петрографиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.*

**КРИОНИКА** з а т. м е д. *Төмен температурада өлі организмдерді ұзақ уақыт сақтайтын әдістерді зерттейтін медицинаның тармағы.*

**КРИОЛИТОГЕНЕЗ** [грек. krytos – суық, lithos – тас, genegis – тек] з а т. с у ш а р. *Көпжылдық тоңның, мұзды таужыныстардың қалыптасу процестерінің жиынтығы.*

**КРИОЛИТОЗОНА** [грек. krytos – суық, lithos – тас, zone – белдеу] з а т. с у ш а р. *Жер қыртысының үстіңгі қабаты шегіндегі криосфераның бір бөлігі.*

**КРИОСКОПИЯ** [грек. kryos– суық, skopeo – қараймын] з а т. х и м. *Таза еріткішпен салыстырғанда ерітіндінің қату температурасының төмендеуін өлшеу.*

**КРИОСКОПТАУ** з а т. х и м. *Ұшпайтын заттардың сұйық ерітінділерін физика-химиялық зерттеу әдісі.*

**КРИОСФЕРА** [грек. kryos – суық, sphaira – шар] з а т. *Жер шарының атмосфера, гидросфера және литосфера тоғысатын белдеріндегі мұзды қабаты.*

**КРИОФИЛ** [грек. kryos – суық, phileo – жақсы көремін] з а т. *Тұрақты төменгі температуралық жағдайда, яғни мұз, қар үстінде немесе мұзы, қары еріген суда тіршілік жасайтын организмдердің түрлері: құрттар, жәндіктер т.б.*

**КРИОХИМИЯ** з а т. х и м. *Химиялық реакциялардың төменгі (223 К төмен) және аса төменгі (70 К төмен) температуралардағы заңдылықтарын зерттейтін ғылым.*

**КРИОЭЛЕКТРОНИКА** з а т. ф и з. *Электрмагнит өрісінің қатты дене ішіндегі заряд тасымалдаушылармен, ериогендік температураларда пайда болатын құбылыстарды зерттейтін электроника саласы.*

**КРИПТАНДТАР** з а т. х и м. *Криптандтар құрамында лигандтар болып келетін бициклді азоты бар полиэфирлер.*

**КРИПТИКАЛЫҚ: криптикалық бояу** [грек. krybtis] з о о л. *Кейбір жануарлардың түсі мен рең өрнегінің тіршілік ортасы жағдайына ұқсастығы.*

**КРИПТОГЕНДІК** с ы н. х и м. *Жаралу тегі мүлдем белгісіз немесе болжамдар тұрғысынан ғана анықталған деген ұғымды білдіретін анықтауыш.*

**КРИПТОГРАФИЯ** [грек. kryptos – құпия, graphф – жазамын] з а т. з а ң. *Құпия жазу, іске қатысы жоқ адамдарға мәтін түсініксіз болу үшін қолжазуды өзгертіп жазу жүйесі.*

**КРИПТОЗОЙ** [грек. kryptos – құпия, zoe – өмір] *Докембрий терминінің синонимі.*

**КРИПТОЛАЛИЯ** [грек. kryptos – құпия, lolia – сөз] з а т. *Белгілі бір әлеуметтік топқа тән, қоғамның басқа топтары түсінбейтін құпия тіл.*

**КРИПТОЛОГИЯ** [грек. kryptos – құпия, logos – ілім] з а т. *Құпия тілдерді зерттейтін және олардың оқылу тәсілін табатын ғылым.*

**КРИПТОН** [грек. kryptos] з а т. х и м. *Менделеевтің периодты системасының VIII тобындағы химиялық элемент; инертті газ, рет нөмірі 36, атом массасы 83,80.*

**КРИОТЕРАПИЯ** [грек. kryos – суық, мұздай, terapeia – күту, емдеу] з а т. м е д. *Суықпен емдеу түрі.*

**КРИОТРОН** [грек. kryos – суық, ағыл. electron – электрон] з а т. ф и з. *Асқын өткізгіштердің кризистік магнит өріс әсерінен өздерінің өткізгіштігін өзгерту қасиетіне негізделген айырып-қосқыштық криогендік элемент.*

**КРИПТО...** *Құпия, жасырын, көрінбейтін, байқалмайын мағынасында қолданылатын күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**КРИПТОЗОЙ** з а т. г е о л. *Архей мен протерозойлық тау жыныстарының жалпылама жиынтығы; Жер тарихында палеозой эрасының кембрий дәуіріне дейінгі ұзақтығы 3,5 млрд. жылдай уақытты қамтитын кезең.*

**КРИПТОРХИЗМ** з а т. *Еннің ұмаға түспей, құрсақ қуысында қалуы.*

**КРИПТОФИТТЕР** [грек. kryos – суық, phyton – өсімдік] з а т. с у ш а р. *Қайта түлеу бүршіктері топырақ астындағы пиязшығында, түйнегінде, тамыр сабағында болатындықтан, ортаның тікелей әсерінен қорғалатын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**КРИСТАЛГИДРАТТАР** з а т. х и м. *Белгілі құрамды кристалдық гидраттар.*

**КРИСТАЛДАЙ** с ы н. *Кристалл сияқты таза, кіршіксіз.*

**КРИСТАЛДАН=** е т. г е о л. *Кристалдың алғаш пайда болуы және бірте-бірте өсу процесі.*

**КРИСТАЛДАНДЫРҒЫШ** з а т. х и м. *Кристалдану процесін өткізуге арналған құралғы немесе ыдыс.*

**КРИСТАЛДАНУ** *Кристалдан етістігінің қимыл атауы.*

**Кристалдану аулашығы.** г е о л. *Өсуші кристалды қоректендіретін аса қаныққан ерітіндінің шекара белдемі.***Кристалдану дифференциациясы.** г е о л. *Магманың кристалдану кезінде әртүрлі себептерден (гравитациядан, конвекциялық ағындардан) минералдық фазаларының жылжып, жекеленуі.* **Кристалдану индексі.** г е о л. *Бір-біріне байланыссыз қатар дамыған екі минералдық серияның магмалық дифференциация дәрежесінің петрохимиялық көрсеткіші.* **Кристалданудың сабақтастық заңы.** *Балқымалар мен ерітінділердің, минералдардың белгілі ретпен кристалдануы.*

**КРИСТАЛДАУШЫ: кристалдаушы су**. г е о л. *Минералдардың кристалдық торларын түзуде өзіндік орны бар су молекулалары.*

**КРИСТАЛДЫ** с ы н. х и м. *Кристалы бар.*

**Кристалды керамика**. х и м. *Құрылымы тығыз поликристалды керамикалық заттар.* **Кристалды тақтатастар.** г е о л. *Орта, кейде жоғары дәрежелі метаморфизм жағдайында қалыптасқан метаморфтық таужыныстардың үлкен тобының жалпылама атауы.* **Кристалды таужыныс.** г е о л. *Кристалл түйірлерінен тұратын кез келген таужыныстың жалпылама атауы.*

**КРИСТАЛДЫҚ** с ы н. *Кристалға тән, кристалға қатысты.*

**Кристалдық тор.** ф и з. *Кристалдағы атомдардың не иондардың кеңістіктегі кезеңдік орналасуы.* **Кристалдық тор спектрі**. ф и з. *Кристалдық тор түйіндеріндегі атомдардың әлсіз тербелісі нәтижесінде байқалатын тербелістер жиынтығы.* **Кристалдық тор энергиясы**. ф и з. *Кристалдық тор құрушы бөлшектерден (иондардан, атомдардан, молекулалардан) кристалл түзілгенде бөлініп шығатын энергия.*

**КРИСТАЛЛ** [нем. Kristall] з а т. г е о л. *Табиғи пішіні дұрыс көпжақтардан құралған қатты денелер.*

**Кристалдар ақауы.** г е о л. *Кристалдық торды құраушы атомдардың қайталамалы периодтық орналасуынан ауытқуы.* **Кристалдар габитусы** г е о л. *Қарапайым пішіндердің бірте-бірте дамып жетілуі нәтижесінде минерал кристалдары иемденетін пішіндердің жиынтық атауы.* **Кристалдардың қалыпқа келуі**. г е о л. *Ішінара мұжылған не еріген кристалдардың өзімен құрамдас аса қаныққан ортада қайтадан қалпына келуі не дұрыс пішінге келуі.* **Кристалдар жүйесі**. г е о л. *Кристалдардың симметриясына байланысты таңдап алынған координаталық жүйе.* **Кристалл құрылымы.** ф и з. *Кристалл құратын бөлшектердің нақтылы кеңістікте орналасуы.* **Кристалл қырлары.** ф и з. *Кристалл жақтарының бір-бірімен тоғысу сызығы.* **Кристалл өсімі.** ф и з. *Кристалды көпжақтың әрбір жағы бетінде қаныққан ерітінді, балқыма, газ немесе қатты зат түріндегі қоршаған орта есебінен қалыптасқан жаңа заттардың жұқа қабатшалары.***Кристалл пішіндері.** *Кристалды денелерді құрайтын жақтар, қырлар және ұштар жиынтығы.*

**КРИСТАЛЛИЗАТОР** з а т. т е х. *Ерітіндіні буландыру немесе қаныққан ерітіндіні салқындату тәсілдері бойынша кристалдандыруға арналған аппарат.*

**КРИСТАЛЛИТАРАЛЫҚ: кристаллитаралық коррозия.** ф и з. *Кристаллиттердің беттік шекарасында пайда болатын коррозия.*

**КРИСТАЛЛОБЛАСТ** з а т. х и м. *Өзгерген таужыныстар құрамында қайтадан кристалдануы нәтижесінде қалыптасып, толық кристалды құрылымды иеленген минерал түйірлерінің жалпылама атауы.*

**КРИСТАЛЛОГИДРАТ** з а т. х и м. *Құрамына су молекулаларын қосатын кристалдар.*

**КРИСТАЛЛОГРАФИЯ** [нем. Kristall – кристал, грек. grapho – жазамын] з а т. ф и з. *Заттың кристалдық күйі туралы ғылым.*

**КРИСТАЛЛОЛЮМИНЕСЦЕНЦИЯ** з а т. г е о л. *Кристалдардың ерітіндіден түзілу кезінде жарқырауы.*

**КРИСТАЛЛОМОРФОЛОГИЯ** з а т. г е о л. *Кристалдардың пішінін, бітімін, сыртқы түрін, әсіресе жақтары мен қабырғаларын, онымен бірге өсу, еру бейнесін зерттейтін кристаллографияның бөлігі.*

**КРИСТАЛЛООПТИКА** з а т. ф и з. *Жарықтың кристалдарда таралуын зерттейтін физиканың саласы.*

**КРИСТАЛФОСФОРЛАР** з а т. х и м. *Бейорганикалық кристалдық люминофоралар.*

**КРИСТАЛХИМИЯ** з а т. х и м. *Химиялық байланысты және кристалдарда молекулалардың, атомдардың, иондардың кеңістіктік орналасуын әрі кристалдардың физикалық және химиялық қасиеттерінің олардың құрылысына тәуелділігін зерттейтін ғылым.*

**КРИСТОБАЛИТ** з а т. х и м. *Кремний диоксидінің полиморфты түр өзгерісі.*

**КРИТЕРИЙ** [грек. kriterion] з а т. *Бір нәрсені айқындаудың, тұжырымдаудың негізгі өлшемі, шегі.*

**КРОКИ** [франц. croquis] з а т. г е о г р. *Көзбен өлшеп түсіру тәсілімен орындалған,*

*жергілікті жердің ең маңызды элементтерін көрсететін жергілікті жер өңірінің сызбасы.*

**КРОКЕТ** [франц. croquet] зат. спорт. *Кішкене сым қақпаларға ағаш шарды ұрып өткізіп ойнайтын ойын.*

**КРОКЕТТЕР** зат. тамақ. *Үгітілген мусс, балық, картоптан не жармалардан дайындалатын, көбіне ұнға аунатып алып, қайнап тұрған майға қуырылған үлкендігі жаңғақтай өнім.*

**КРОКОДИЛ** [франц. crocodile] зат. зоол. ***Қолтырауын*** *(ыстық жақтардың суларын мекендейтін, бауырымен жорғалайтын ірі жыртқыш жануар).*

**КРОКУС** [лат. crocuc] зат. хим. *Темір оксиді негізіндегі тегістеп жалтыратқыш материал.*

**КРОМАНЬОН** зат. *Европада, жоғарғы плейстоценде өмір сүрген заманауи адам.*

**КРОМЛЕХ** [бретон. crom – шеңбер, lech– тас] зат. тар. *Неолит және қола дәуірінің табыну құрылыстары.*

**КРОН** [нем. Kron] зат. хим. *Минералдық пигменттер; олардың түсті құрамдарына $CrO^{2-}_4$ ионы кіреді.*

**КРОНА** [нем. Krone] зат. **1.** *Францияда (14-17 ғ-лар), Англияда (16-17 ғ-лар), басқа да елдерде шекілген көне алтын ақша.* **2.** *Ұлыбританияда 1871 жылға дейін айналыста болған ағылшын күміс теңгесі.* **3.** *Австрия-Венгрияның, кейіннен Австрияның және Венгрияның 1924 ж. дейінгі ақша өлшемі.* **4.** *Данияның, Гренландияның, Норвегияның, Швецияның (бұл елдерде 100 эреге тең), Чехияның, Словакияның (бұл елдерде 100 геллерге тең), Эстонияның (100 центке тең) ақша өлшемі.*

**КРОНГЛАС** [нем. Kronglas] опт. *Оптикалық аспаптарға арналған әйнек.*

**КРОНДАР** зат. хим. $CrO_4^{2-}$ **1.** *Хромофорлы бар пигменттер тобы.* **2.** *Құрамындағы қорғасын оксидінің мөлшері 3%-тен аз болатын оптикалық шынылар.*

**КРОНФЛИНТТЕР** зат. хим. *Сыну көрсеткіші 1,50–1,545 және майдалық коэффициенті 65–50 болатын оптикалық шынылар.*

**КРОНЦИРКУЛЬ** *[*нем. Krone – тәж , лат. circulus – шеңбер] зат. *Шеңбер сызатын сызу аспабы.*

**КРОСС** [ағыл. cross] зат. спорт. *Жаяу жарысатын, яки тосқауылы бар ұзындықтан жүгіріп не атпен шауып өтетін жарыс түрі.*

**КРОСС-АССЕМБЛЕР** [ағыл. cross assembler] зат. инф. *Бір дербес компьютердің мәшинелік кодтағы командасын басқа дербес компьютерге өзгертетін аударғыш.*

**КРОССБАР** [ағыл. crossbar] зат. инф. *Матрицалы коммутатор.*

**КРОССВОРД** [ағыл. cross – word] зат. ***Сөзжұмбақ.***

**КРОТОН: кротон конденсациясы.** хим. *Альдегидтің екі молекуласынан суды айырып алу нәтижесінде қанықпаған C (R R') = C (R''') – C (O) пішінді альдегид түзетін химиялық реакция.*

**КРУЖКА** ор. зат. ***Пиялай*** *(ұстайтын тұтқасы бар, стақан тәрізді не одан үлкенірек ыдыс).*

**КРУПЬЕ** зат. *Ойынды бақылап отыратын, тігістерді қабылдап, ұтыстарды беретін казино қызметкері.*

**КРЭКЕР** [ағыл. cracker] зат. инф. *Қорғаныштың компьютерлік жүйесін бұзуға талпынатын адам.*

**КСАНТЕН** зат. хим. *Гетероциклді қосылыс; ксантогенді бояғыштардың құрылым фрагменті.*

**КСАНТОГЕНДЕГІШ** зат. хим. *Сілтілік целлюлозаны ксантогендеумен алынған, целлюлоза ксантогенатын жартылай ерітуге арналған периодты әсер ететін құралғысы.*

**КСАНТОГЕНДЕУ** зат. хим. *Сілтілік целлюлозаны күкірт-көмірсутекпен өңдеу.*

**КСЕНО** [грек. xenos] зат. геол. *Нақтылы магмалық таужыныс құрамында мүлдем бөгде таужыныстардың көптеп кездесетіндігін (50%-ға шейін) білдіру үшін қолданылатын қосымша.*

**КСЕНОБИОТИКТЕР** зат. *Тірі организмдердің тіршілігіне қауіп төндіретін бөгде заттар мен қосылыстар.*

**КСЕНОГЕНДІК: ксеногендік минералдар**. геол. *Магманың қоршаған таужыныстарды сіңіруінен кездейсоқ пайда болған минералдар (мыс., гранат, волластонит және т . б.).*

**КСЕНОКРИСТАЛЛ** [грек. xenos – бөтен, жат, krystallos – кристалл] зат. геол. *Осы магмалық таужынысқа жат минерал.*

**КСЕНОЛИТ** [грек. xenos – бөтен, жат, lithos – тас] зат. геол. *Магмалық таужыныстар құрамында ұшырасатын, бірақ осы таужыныстарға мүлдем жат кесектер мен түйірлер.*

**КСЕНОМОРФТЫ** сын. геол. *Өзіне тән кристаллографиялық пішіні жоқ минералдарға қолданылатын термин.*

**КСЕНОН** [грек. xenon] зат. хим. **1.** *Химиялық элемент, 1894 жылы ағылшын ғалымдары У.Рамзай мен М.У.Траверс ашқан, [рет нөмірі 54, массалық сандары 113–145-ке дейін 32 изотопы белгілі, типтік тотығу дәрежелері: +1, +2, +4, +6, +8]* **2.** *Хе, жай зат, табиғатта аз таралған түссіз, иіссіз газ [Қуатты қыздыру электрлампаларын толтыруда, құрамында ксенон бар химиялық қосылыстар алуда, медицинада қолданылады].*

**КСЕНОТИМ** зат. хим. *Фосфаттар табына жататын минерал.*

**КСЕНОФОБИЯ** [грек. xenos – бөтен, phobos – қорқу] зат. *Қоғамның өмір салтына жат нәрсенің бәрін жек көру, қабылдамау, басқа ділдегі адамдардан, шетелдерден қорқу, үрку сезімі.*

**КСЕРО...** *Ксерография арқылы көшіруге тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**КСЕРОГРАФИЯ** [көне грек. xeros – құрғақ және графия] зат. полигр. *Электрофотографияның бір түрі.*

**КСЕРОДЕРМИЯ** [грек. xeros – құрғақ, derma – тер] зат. мед. *Тері ультракүлгін сәулелеріне сезімтал болып, алғашында қызарып, содан соң құрғап түлеумен сипатталатын тұқым қуалайтын тері ауруы.*

**КСЕРОКӨШІРМЕ** зат. *Ксерокста басылған көшірме.*

**КСЕРОКС** [грек. xeros] тех. **1.** *Ксерография тәсілін қолданатын көбейтуші аппараттың бір түрі.* **2.** *Ксерокөшірме.*

**КСЕРОФИЛЬДЕР** зат. биол. *Құрғақ жер жануарлары.*

**КСЕРОСІРНЕЛЕР** зат. хим. *Сірнелерді құрғату арқылы алынатын уақ тесікті, морт сынғыш денелер; сорбенттер және өрттіркелердің тасымалдағышы ретінде қолданылады.*

**КСЕРОФИЛЬТЕР** зат. *Судың, ылғалдың тапшы болатын жерлерінде, яғни шөлді жерлерде тіршілік етуге бейімделген жануар түрлері: кесіртке, тасбақа т.б.*

**КСЕРОФИТТЕР** [грек. xeros – құрғақ, phyton – өсімдік] зат. *Ылғалы аз мекендерде тіршілік жасауға бейімделіп, қалыптасып кеткен, өзіне тін ерекше белгілері бар өсімдік түрлері.*

**КСЕРОФОРМ** зат. *Өзіне тән иісі бар, дәмсіз, сары ұнтақ зат.*

**КСЕРОФТАЛМИЯ** зат. *Азықта «А» витаминінің аздығынан болатын, көбінесе құста кездесетін көз ауруы.*

**КСИЛЕН** зат. геол. *Көмірдің гельденген топтағы микроқұрамбөлігі.*

**КСИЛЕН-ФЮЗЕН** зат. геол. *Тін қуыстары тіндік қабырғалардың қалыңдығынан аз, қара түсті, ал шағылған жарықта ақ түсті болатын фюзенделген топтағы көмірлердің микроқұрамбөлігі.*

**КСИЛИТ** [$HOCH_2(CHOH)_3CH_2OH$] зат. хим. *Бес атомды алифаттық спирт [Диабет жене семіруге бейім ауруларға арналған кондитерлік тағамдар өндіруде қолданылады].*

**КСИЛО...** *Мағынасы ағашқа тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**КСИЛОВИТРЕН** зат. геол. *Жасушалық құрылысы айқын емес, өтетін жарықта қызыл немесе сары, ал шағылған жарықта сұр түсті болып келетін гельденген көмірлер тобындағы микроқұрамбөлік.*

**КСИЛОГРАФИЯ** [грек. xylon – ағаш, grapho – жазамын] зат. өнер. *Алмұрт, самшит, құрма сияқты қатты да серпімді ағаш кесінділеріне ойып салынған гравюра.*

**КСИЛОЗА** зат. хим. *Өсімдік шикізатында болатын полисахаридтердің құрылым фрагменті болып келетін моносахарид; ксилит синтезінде қолданылады.*

**КСИЛОЛ** [грек. xylon – кесілген ағаш, лат. ol – май] хим. *Ароматты қатардағы көмірсутегі, түссіз сұйықты, органикалық қосылыс.*

**КСИЛОЛДАР** зат. хим. $C_6H_4(CH_3)_2$ *– Диметилбензол изомерлері [Бензин қоспасы ретінде, ЛБМ ерітікіштері сияқты ароматтық туындылар алуда, т.б. қолданылады].*

**КСИЛОЛИТ** [грек. xylon – кесілген ағаш, lithos – тас] зат. құр. *Ағаш ұнтақтары, магнезиялы цемент, талшықтас т.б. қоспаларынан тұратын жасанды құрылыс материалы.*

**КУӘ** [ир. گواه] зат. **1.** *Болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы.* **2.** заң. *Азаматтық немесе қылмыстық іс бойынша анықталуға тиіс қайсыбір мән-жайлардан хабардар адам.* **3.** ауыс. *Айғақ, дәлел.*

**Куә болды.** *Өз көзімен көрді, айғақ болды.* **Куәға тартты.** *Куә етті, айғақ қылды.* **Куә қылды.** *Айғақ қылды, куәға тартты.*

**КУӘГЕР** зат. **1.** *Болған оқиғаны көзбен көрген айғақшы; куәлікке жүретін адам.* **2.** *Ер адам мен әйел адамның некелесуіне куә болушы күйеу жолдас пен қыз жолдас.* **3.** заң. *Қылмыстық ізге түсу органдарының тергеу іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін куәға тартылған адамдар.* **4.** заң. *Азаматтық немесе қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді иеленуші; айғақкер; растаушы.*

**КУӘГЕРЛІК** зат. *Куә болушылық, куә екендік.*

**КУӘ-КУӘ: куә-куә куәдүрміз, куәлікке жүрәдүрміз.** этн. *Ескі дәстүр бойынша екі жастың некелесуін растау, айғақ болу.*

**КУӘЛА=** ет. сөйл. ***Куәландыр.***

**КУӘЛАНДЫР=** ет. *Растығына кепіл болу, айғақтау.*

**КУӘЛАНДЫРМА** зат. экон. *Сатушы сатып алушының атына жазатын және тауардың немесе көрсетілетін қызметтердің нақты жеткізілімін және олардың құнын куәландыратын шот; фактура.*

**КУӘЛАНДЫРУ** *Куәландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Растау, айғақтау.* **2.** заң. *Қылмыстық іске қатынасы бар кейбір мәселелерді анықтау үшін адамның денесін, киген киімін қарап тексеруді қажет ететін тергеу әрекеті.*

**КУӘЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Расталу, айғақталу.*

**КУӘЛІК** зат. **1.** *Заңдық мәні бар әлдебір деректі (туу туралы, неке туралы, оқу орнын бітіргені туралы т.б.) тұлғаның құқын (авторлық, иеленушілік т.б.) немесе дайындалған материалдардың (бұйымдардың, құрылымдардың) стандарттарға не техникалық шарттарға сәйкестігін дәлелдейтін ресми құжат.* **2.** заң. *Заң органдарының тінту іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін растау үшін куә болушылық.* **3.** *Белгі, айғақ, дәлел.*

**Куәлікке жүрді**. а) *Некелесушілердің некесіне айғақ болды, куә болды.* ә) құқық. *Бір іске куә болды, растады.* **Куәлікке жүрмеді.** *Куә болуға жарамады, кәдеге аспады.* **Куәлікке жүру.** *Айғақ болу, растау.* **Куәлік қағаз.** *Бір нәрсені немесе оның дұрыстығын растайтын құжат.*

**КУӘҺ** зат. ескі кіт. Куә, куәгер.

**КУӘҺІ** зат. ескі кіт. ***Куә.***

**КУБ** [грек. kybos] зат. **1.** геом. ***Текше*** *(алты жағы да квадрат болып келетін тузу бұрышты геометриялық фигура).* **2.** мат. *Санның үшінші дәрежесі.* **3.** мат. *Көлем өлшеуіш бірлігі.*

**Куб теңдеу**. матем. *Үшінші дәрежелі алгебралық теңдеу.* **Кубты екі еселеу**. матем. *Берілген кубтан көлемі екі есе үлкен болатын кубты салу туралы ежелгі классикалық есеп.*

**КУБАНКА**[1] ор. зат. *Айналасы елтіріден тігілген дөңгелек пішінді бөрік; баскиім.*

**КУБАНКА**[2] ор. зат. егіншар. *Жаздық ақбидайдың о баста Кубаннан тараған дәні, ірі сұрпы.*

**КУБГЕНДЕР** зат. хим. *Ароматтық қосылыстар.*

**КУБИЗМ** [франц. kubisme]зат. көркемөнер. *XX ғасырдың басындағы бейнелеу өнеріндегі модернистік ағым.*

**КУБИК**[1] зат. *Төртбұрышты етіп жасалған әртүрлі түсті кішкентай ойыншық текшелер.*

**КУБИК**[2] зат. әск. совет. *1943 жылға дейін Кеңес Армиясының кіші командалық құрамының нысанды киімінің жағасына тігілген төртбұрыш пішінді айырым белгісінің атауы.*

**КУБКІРНЕЛЕР** зат. хим. *(Кубозоли) Кубты бояғыштар лейкоқосылыстарының қышқыл, күкірт-қышқыл эфирлерінің суда ерімтал тұздарының атауы.*

**КУБОК** зат. **1.** *Сәндеп жасалған ыдыс.* **2.** спорт. *Жеңімпаз спортшыға, озған командаға жүлдеге берілетін әшекейлі ваза, сыйлықтың жоралғысы (атрибуты).* **3.** спорт. *Белгілі бір спорт түрі бойынша бәйге, спорт жарысы.*

**КУБОМЕТР** зат. *Текше көлемін анықтайтын өлшеуіш бірлік, текшеметр.*

**КУБРИК** [гол. koebrug] зат. кәс. *Кеме командасына арналған тұрғын жай, демалатын орын.*

**КУБШЫЛДЫҚ** <франц. cubisme> зат. өнер. *XX ғасырдың басында пайда болған бейнелеу өнеріндегі модернистік ағымның бір түрі.*

**КУЗИКА** зат. *Көгөністің бір түрі.*

**КУЗОВ** ор. зат. *Жүк мәшинесінің қорабы, шанағы.*

**КУКУМОВИРУСТАР**зат. биол. *Өсімдік вирустары.*

**КУЛАЖ** [франц. culage]зат. экон. **1.** *Сұйық заттар тауарының ағып, ысырап болуындағы салмағына жасалатын жеңілдік.* **2.** *Материалдардың, еңбектің, уақыттың өнімсіз шығындары.*

**КУЛАК**зат. тар. совет. ***Құлақ*** *(мүліктік жіктелу нәтижесінде шаруалар ортасынан туындайтын деревня буржуазиясының өкілі).*

**КУЛИНАР** зат. ***Аспаз*** *(асты жақсы, дәмді пісіре білетін шебер).*

**КУЛИНАРИЯ** [лат. culinarius] зат. ***Аспаздық өнері.***

**КУЛИНАРЛЫҚ** сын. *Аспаздық өнерге тән, соған қатысты.*

**КУЛИСА**[1] [франц. coulisse] зат. **1.** *Театр декорациясының рампаға қатарлас немесе қиғаш сахнаның екі жақ қапталына орналасқан бөлігі.* **2.** ауыс. *Шымылдықтың сыртындағы театрдың бір бөлігі.*

**КУЛИСА**[2] зат. экон. *Ресми биржа маклерлерінің делдалдығынсыз бағалы қағаздармен мәміле жасалатын бейресми биржа.*

**КУЛИСЬЕ**зат. экон. *Ресми маклерлердің қатысуынсыз биржалық мәміле жасасатын бейресми биржа делдалы, маклері.*

**КУЛЛИЯТ** зат. әдеб. *Бір жазушының не ақынның толық қолжазба шығармаларының жинағы, кейде бір шығармашының еңбегі деген мәнді білдіретін классикалық түркі тілдес әдебиетінің термині.*

**КУЛОН** [франц. coulomb] зат. физ. **1.** *Халықаралық бірліктер жүйесіндегі электр мөлшерінің (электр зарядының) бірлігі.* **2.** *Электрлік ығысу ағынының (электр индукциясы ағынының) халықаралық жүйедегі бірлігі.*

**Кулон заңы.** физ. *Тыныштықта тұрған нүктелік екі электр зарядының арасындағы әсерлесу күшін анықтайтын электр статиканың негізгі заңы.*

**КУЛОНОМЕТРИЯ** зат. физ. *Электр мөлшерін өлшеуге негізделген талдаудың электрохимиялық әдістер жиынтығы.*

**КУЛЬМИНАЦИЯ** [лат. culmen] зат. **1.** астр. *Жарық көзінің меридианды бойлап өтуі.* **2.** муз. ***Шарықтау шегі*** *(дамудың, өрбудің, оқиға желісінің ең биік кезеңі, шиеленісудің ақтық нүктесі).*

**КУЛЬТ** [лат. cultus] зат. кіт. ***Табыну.***

**КУЛЬТИВАТОР** [франц. cultivateur] зат. тех. *Топырақты қопсыту, арам шөпті отау, отамалы дақылдардың қатар аралықтарын тегістеу, түптеу, минерал тыңайтқыштарын шашу, егістік қатар аралықтарын сирету үшін қолданылатын құрал.*

**КУЛЬТИВАЦИЯ** [лат. cultus] зат. егіншар. *Егістік жерді жұмсартып өңдеу, қопсыту, арам шөпті отау, минерал тыңайтқыштарын шашу, түптеу жұмыстары.*

**КУЛЬТИВАЦИЯЛА=** ет. егіншар. *Егіндік жерді өңдеу, қопсыту; арам шөптерді отау; түптеу; минерал тыңайтқыштарын шашу; егістік қатар аралықтарын сирету.*

**КУЛЬТИВАЦИЯЛАН =** ет. егіншар. *Өңделу, қопсытылу, түптелу.*

**КУЛЬТИВАЦИЯЛАУ** егіншар. *Культивациялa етістігінің қимыл атауы; егіндік жерді қопсыту; арам шөптерді отау; жерді өңдеу, минерал тыңайтқыштарын шашу.*

**КУМАРИН** [франц. coumarine] зат. бот. *Кейбір өсімдіктердің құрамында кездесетін хош иісті зат.*

**КУМОЛ** зат. хим. *Фенол, ацетон өндірісінде, еріткіш ретінде, т.б. қолданылатын бензолдың алкилді туындысы, $C_6H_5CH(CH_3)_2$.*

**КУМУЛАТ** зат. геол. *Минерал кристалдарының магма есебінен қалыптасу процесі ретті түрде жүзеге асуынан туындайтын, қат-қабатты интрузияларға тән құрылымды өрнектеуге қолданылатын термин.*

**КУМУЛЕНДЕР** хат. хим. *Құрамында екіден артық кумулирленген С=С қос байланыс бар қосылыстар.*

**КУМУЛЯТИВТІК** [лат. cumulatio] сын. **1.** терм. *Жиынтықты, шоғырланбалы; жиналған, топталған.* **2.** лингв. *Тіл бірліктерінің ақпаратты жинақтаушы, сақтаушы қызметіне тән.*

**Кумулятивтік акция**. экон. *Бірнеше жыл бойы алынбаған дивиденттердің жинақталған акциясы.* **Кумулятивтік әдіс**. экон. *Есеп айырысу коэффициентін (кумулятивтік санын) анықтайтын әдіс.* **Кумулятивтік снаряд**. әск. *Нысананы жою үшін кумулятивтік қозғалыстың заряды қолданылатын негізгі бағыттағы артиллериялық снаряд.*

**КУМУЛЯЦИЯ** [лат. cumulatio] зат. **1.** мед. *Дәрі-дәрмектер мен улы заттардың тірі жан ағзасында жиналуынан олардың тигізетін зиянды әсерінің күшею құбылысы.* **2.** физ. *Жарылғыш заттың арнайы нысандағы оқтамының жарылыс нәтижесін күшейтетін әсері.* **3.** қаржы. *Сақтандырылған нысандардың белгілі бір шектеулі кеңістікте (бір кемеде, бір айлақта, бір қоймада) жиналып қалуы.* **4.** лингв. *Тіл бірліктерінің ақпаратты жинақтаушы, сақтаушы қызметі.*

**КУНА** зат. көне. тар. *Моңғол шапқыншылығына дейінгі кезде көрініп тапқан ескі орыс ақшасының (соғылған, металдан жасалған ақша, құнды аң терілері) жинақтама атауы.*

**КУНИАЛЬ** зат. хим. *Мыс негізіндегі жемірілуге тұрақты құймалар тобының жалпы атауы.*

**КУНСТКАМЕРА** [нем. Kunstkammer] зат. *Түрлі тарихи, көркем, ғылыми-жаратылыс т.б. сирек ұшырасатын коллекциялар және оларды сақтайтын орын.*

**КУНГ-ФУ, КУН-ФУ** спорт. *Қарсыластың ауыратын нүктелеріне қол және аяқпен қатты соққылар беру, сондай-ақ қарсыласқа өзінің энергиясын қарсы бағыттауға негізделген өзін-өзі қарусыз қорғаудың қытайлық жүйесі.*

**КУПЕ** [франц. coupe] зат. *Жолаушы пойызының вагондарындағы жеке бөлмелер.*

**КУПЕЛЕС** сын. *Бір купедегі, купесі ортақ.*

**КУПЕЛІ** сын. *Купесі бар.*

**КУПЕЛЯЦИЯ** [франц. coupelle] зат. кен. *Тотықтыра балқыту арқылы қорғасыннан асыл металдарды ажыратып алу әрекеті.*

**КУПЕЦ** ор. зат. ***Көпес.***

**КУПОН** [франц. coupon] зат. экон. **1.** *Бағалы қағаздың (облигацияның, акцияның) пайыз немесе дивиденд алу кезінде жыртып алынып, қолхатпен бірге табысталатын бөлігі.* **2.** *Куәлік болып табылатын негізгі бағалы қағаз бойынша табыс алу құқығын беретін көмекші бағалы қағаз.* **3.** *Бірқатар ТМД мемлекеттерінде рубль орнына жүретін құн белгісі.*

**КУПОНДЫҚ** сын. *Купонға тән, купонға қатысты.*

**Купондық облигация**. экон. *Облигацияларды шығару шарттарына сәйкес акционерлік қоғам төлейтін сыйақыны алуға облигацияны ұстаушының құқығын куәландыратын қағаз.*

**КУПОРОСТАР** зат. хим. *Кейбір ауыр металдар сульфаттарының кристалгидраттары; олардың практикалық ең маңыздылары: мыс купоросы (тотияйын), темір купоросы (көкжар).*

**КУПРИТ** [лат. cuprum] зат. геол. *Оксидтер класына жататын минерал.*

**КУПФЕРОН** зат. хим. *$C_6H_9O_2N_3$ – аммоний тұзы.*

**КУПЮРА** [франц. coupure] зат. экон. *Қағаз ақшада, банкноттарда, облигациялар мен басқа да бағалы қағаздарда көрсетілетін белгіленген құн, сондай-ақ осы ақшаның, банкноттардың, бағалы қағаздардың немесе облигациялардың өзі.*

**КУРАНТ** [франц. courant] зат. *Сағат сайын музыкалық қоңырау соғатын мұнаралы немесе қабырғалы сағат.*

**КУРАНТА** [франц. courante] зат. *Француз сарайларында биленіп, кейін Еуропаға таралған баяу би.*

**КУРАТОР** [лат. curator] зат. **1.** *Жоғары оқу орындарындағы әр курсты жеке өз қамқорлығына, бақылауға алатын жетекші ұстаз.* **2.** *Берілген жұмысты бақылайтын адам.* **3.** мед. *Аурухана-да жатқан аурудың денсаулығын қадағалайтын медик-студент.*

**КУРВИМЕТР** [лат. curvus, грек. metron – өлшейтін қисықтар] зат. геол. *Топографиялық карталар мен жоспарлардағы қисық сызықтардың ұзындығын анықтайтын құрал.*

**КУРДТЕР** зат. *Таяу Шығыстың иран тілдес ежелгі халықтарының бірі.*

**КУРОК** ор. зат. ***Шүріппе.***

**КУРОРТ** [нем. Kurort] зат. ***Дауажай.*** *Ауа райы қолайлы, минералды суы, емдік балшығы және табиғи шипалы қасиеттері бар жерлерге салынған емдеу-профилактикалық мекемелер кешені.*

**КУРОРТОЛОГИЯ** [нем. Kurort – емдеу орны, грек. logos – ілім] зат. терм. *Емдік қасиеті бар табиғи факторларды зерттеп, оларды пайдалану жолдарын қарастыратын медицинаның бір саласы.*

**КУРОРТТЫҚ** сын. *Курортқа тән, курортқа қатысты.*

**КУРОРТШЫ** зат. *Курортта демалып жатқан адам, демалушы.*

**КУРС** [лат. cursus] зат. **1.** *Беталыс, бағыт, бағдар.* **2.** *Арнаулы және жоғары оқу орындарында білім беру жүйесінің жекелеген жылдық оқу сатысы.* **3.** *Қысқа мерзім ішінде белгілі бір мамандық беретін немесе білімін жетілдіретін орын, мекеме.* **4.** *Белгілі бір ғылымның немесе оның жеке бөлімінің баяндалған жүйесі.* **5.** мед. *Емдеу жүргізудің толық мөлшері; емдеудің толық циклі, процедурасы.* **6.** әск. *Әскери қызметкерлердің дайындығының тәртібі мен мәнін анықтайтын басшылық құжат (құрал).* **7.** экон. *Құнды қағаздардың сатып алу және сату құны.*

**КУРСАНТ** зат. **1.** *Қысқа мерзімде мамандық беретін курс тыңдаушысы.* **2.** *Әскери училище оқушысы.*

**КУРСИВ** [лат. cursiva] зат. баспа. *Әріптердің негізгі штрихтары оңға қарай көлбеген және қолжазба қаріптеріндей қаріп.*

**КУРСОГРАФ** [лат. cursus] зат. әск. *Кеме немесе ұшақ бағытын қағаз таспаға автоматты түрде жазуға арналған навигациялық құрал.*

**КУРСОР** [лат. cursorius] зат. инф. *Экран дисплейіндегі жылжымалы белгі.*

**КУРСТАС** сын. *Бір курста оқитын.*

**КУРТАЖ** [франц. curtage] зат. экон. *Биржа мәмілесін жасасу кезіндегі делдалдығы үшін тауарларды немесе бағалы қағаздарды сатудан делдал алатын сыйақы.*

**КУРТАН** зат. экон. *Биржа мәмілесін жасасу кезіндегі делдалдығы үшін тауарларды немесе құнды қағаздарды сатудан делдал алатын сыйақы.*

**КУРТКА** [лат. curtus] ор. зат. ***Күрте*** *(жүріп-тұруға ыңғайлы, кеудеге киетін шолақ сырт киім).*

**КУТЮР** зат. *Жоғары сән, киім, аяқкиім және парфюмерияның эксклюзивті үлгілері.*

**КУТЮРЬЕ** зат. *Сәнді киім үлгілерін жасайтын суретші-модельдер.*

**КУРЬЕР** [франц. courrier] зат. **1.** *Мекеменің іскери іс қағаздарын таситын адам.* **2.** ресми. *Асығыс, маңызды тапсырмамен (дипломатиялық, құпиялы) жіберілетін адам.*

**КУТИКУЛА** [лат. cuticula] зат. **1.** биол. *Жәндіктердің денесін жауып тұратын сыртқы қатты қабаты; жануарлар ағзасының эпителий тінін қаптап тұратын тығыз қабық.* **2.** бот. *Өсімдікте жапырақ пен жас сабақ эпидермисінің сыртын қаптап жатқан мөлдір, құрылымсыз жұқа қабық.*

**КУТИКУЛАЛАН=** ет. бот. ***Сүректену.***

**КУТИКУЛАЛАНУ** бот. *Кутикулалан етістігінің қимыл атауы.*

**КУТИКУЛАЛЫ** сын. бот. *Кутикуласы бар, сүректенген.*

**КУТИКУЛДЫ** сын. биол. ***Кутикулалы.***

**КУТИН** [лат. cutis] зат. бот. *Кутикула қабатын құрайтын балауыз тәріздес зат.*

**КУТТЕР** [ағыл. cutter] зат. тех. *Шұжық өндірісінде етті, етті шикізаттарды біртекті етіп майдалап, оны басқа құрауыштармен араластыратын мәшине.*

**КУХНЯ** [лат. coguina] зат. **1.** ***Асүй*** *(ас әзірлейтін бөлме).* **2.** *Ас дайындайтын жер.* **3.** *Аспаздық тағамдар жиынтығы.*

**КУЧЕР** [нем. Kutscher] зат. ***Көшір.***

**КУШЕТКА** [франц. couchette] зат. *Бас жағы көтеріңкі, арқалығы жоқ, кішігірім диван.*

**КУЭСТА** [исп. cuesta] зат. геол. *Екі жақ беткейі бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, яғни бір жақ беткейі таужыныс қабаттарын тілкемдеп тік құлайтын, ал екінші жағы таужыныс қабаттарының еңістену бұрышына сәйкес біртіндеп ылдиланатын қыраттар тізбегі.*

**КҮБЕЖЕКТЕ=** ет. *Күбжеңдеу, жасқаншақтау.*

**КҮБЖЕҢДЕ=** ет. **1.** *Күйбеңдеу, күйбіжіктеу.* **2.** *Түсініксіз бірдеңе айту, күбіжіктеу, күмілжу.*

**КҮБЖІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Күбжеңде.***

**КҮБШЕК** зат. ескікіт. *Ішіне сұйықтық құйылатын ыдыс.*

**КҮБІ** зат. **1.** этн. *Айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс.* **2.** *Сұйық зат құюға, бал сақтауға, балық, көкөніс т.б. заттарды тұздауға лайықталған ағаш кеспек, бөшке.* **3.** кәс. *Балық, су шаянын ұстау үшін тордан жасалған дорба, үлкен торкөз сүзгі.*

**Күбі бел [кеуде].** *Жұп-жуан, добалдай бел.* **Күбі шелек.** *Май пісетін, айран, шұбат ашытатын темір белдеуі бар ағаш шелек.*

**КҮБІДЕЙ** сын. **1.** *Күбі сияқты, күбі тәрізді.* **2.** *Үлкен, жуан, семіз.*

**КҮБІЖІК** зат. өс. *Жаужапырақ сабағы өскеннен кейінгі аталуы.*

**КҮБІЖІКТЕ=** ет. **1.** *Қорғаншақтап қипақтау, имену, қысылып-қымтырылу.* **2.** *Кібіртіктеп сөйлей алмау, күмілжу.*

**КҮБІЛЖІ =** ет. сөйл. ***Күмілжі.***

**КҮБІЛЖІҢКІРЕ=** ет. сөйл. ***Күмілжіңкіре.***

**КҮБІЛСІЗ** үст. сөйл. *Күбіжіктемей, күмілжімей.*

**КҮБІЛІ** сын. *Күбі толы.*

**КҮБІН=** ет. **1.** *Мақтану, көкірек керу, өзін мықтымын деп санау, масаттану.* **2.** *Ыза кернеп ісініп-кебіну, ашулану.* **3.** жерг. *Бір жаққа баруға дайындалып жүру.*

**КҮБІНУ** *Күбін етістігінің қимыл атауы; ыза кернеу, ашулану.*

**КҮБІҢ** зат. *Кірбің, реніш.*

**КҮБІР**[1] зат. **1.** *Өзара сыбырласқанда еміс-еміс естілетін сөз.* **2.** *Дыбыс.* **3.** ауыс. *Сыр, құпия, астыртын әңгіме, іс-қимыл.*

**КҮБІР**[2] зат. жерг. **1.** *Мал астында тапталған шөп-шар, қалдық.* **2.** *Көңнің майдаланған ұсағы, қорда.*

**КҮБІР-ЖЫБЫР** зат. *Өсек сөз, ғайбат әңгіме. // Астыртын, құпия.*

**КҮБІР-КҮБІР** елік. *Қайта-қайта сыбырлап, еміс-еміс естілетін сөзді, тынымсыз күбірлеген үнді, дыбысты білдіретін сөз. // Түсініксіз; естілер-естімес, күбірлеген. // Күбірлеп, дауысын естіртпей.*

**КҮБІРЛЕ=** ет. **1.** *Төмен дауыспен ақырын сөйлеу, дауысты естілер-естілмес етіп бәсеңдетіп айту.* **2.** *Бұрқылдау, күңкілдеу.* **3.** ауыс. *Желдің жаймен соғуы.*

**КҮБІРЛЕҢКІРЕ=** ет. *Дауысты бәсеңдету, күмілжу, сөзінің аяғын жұту.*

**КҮБІРЛЕС=** ет. *Өзгеге естіртпей, өзара сыбырласып сөйлесу.*

**КҮБІРЛЕТ=** ет. *Дауысты естілер-естілмес етіп бәсеңдетіп айтқызу, төмен дауыспен ақырын сөйлету.*

**КҮБІРЛЕУ** *Күбірле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төмен дауыспен ақырын сөйлеу.* **2.** *Күңкілдеу, бұрқылдау.*

**КҮБІРСІП-КҮҢІРСІ=** ет. *Тым көңілсіз болу, күйкі тірлік ету.*

**КҮБІРТКЕ** зат. мед. <лат. panaricium> *Аяқ-қолдың тырнақтарының астына түсетін іріңді жара.*

**КҮБІТ=** ет. жерг. **1.** *Үйіп тастау, толтырып тастау.* **2.** ауыс. *Өндіріп тастау, тындыру.* **3.** ауыс. *Көпіріп, лепіріп сөйлеу.*

**КҮБІТТЕР** зат. этн. *Ойрат руларының бірі.*

**КҮБІШЕ** үст. *Күбі сияқты, күбіге ұқсап.*

**КҮБІШЕК** зат. көне. *Ішіне жанармай құйып, соғысқа пайдаланылған құрал.*

**КҮБІШЕКТЕЙ** сын. *Күбішек сияқты, күбішек тәрізді.*

**КҮДЕ**[1] зат. *Шошайта жиналған шөп, үйме.*

**КҮДЕ**[2] зат. этн. **1.** *Тебеген биені сауғанда бір ұшын артқы аяғына, бір ұшын мойнына байлап қоятын арқан.* **2.** жерг. *Қоржын аузының ілгегі.*

**КҮДЕЙ=** ет. ескікіт. *Талмай еңбектену, күшену.*

**КҮДЕК: ала күдек.** *Аумалы-төкпелі, алакүйын мінезді (адам).*

**КҮДЕЛЕ**[1]**=** ет. *Шөпті шошайта жинап, бір жерге үю.*

**КҮДЕЛЕ**[2]**=** ет. *Сауын малын, тебеген биені сауғанда, артқы аяғын жіппен тартып байлап қою.*

**КҮДЕЛЕУ**[1] *Күделе*[1] *етістігінің қимыл атауы; пішенді, астық бауларын бір жерге қою.*

**КҮДЕЛЕУ**[2] *Күделе*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**КҮДЕЛЕУІШ** зат. тех. *Шөпті және қи, сүрлемді мәшинеге, арбаға тиейтін механизм (мәшине).*

**КҮДЕР** зат. *Үміт, сенім.*

**Күдер үзді [күдері үзілді].** *Орындауға болмасына көзі жетті, үмітін үзді, түңілді.* **Күдер үздірді.** *Сенімін жоғалтты, үмітін кесті.* **Күдер үздіртті.** *Сенімін жоғалтты, үмітін кесті.* **Күдер үзісті.** *Үміттерін үзу, түңілу.*

**КҮДЕРІ**[1] зат. *Әбден илі қаныпжұмсартылған тері.*

**Күдері белбеу.** *Жұмсақтап иленген бұлан не бұғы терісінен жасалған белдік.*

**КҮДЕРІ**[2]**: күдері бел.** *Біріне-бірі сілемденіп, ұласып, жалғасып жатқан ұзыннан-ұзақ қайқаң қырқа, асу. //* жерг. *Белі мықты, қарымды (жылқы жайында).* **Күдері су.** жерг. *Ағылтегіл, мол су.*

**КҮДІК** зат. *Сезік, сенімсіздік, секем, күмән, шүбә, шек.*

**Күдігін қоюлатты.** *Одан әрі күмәндана түсті; сенімсіздігі өсті.* **Күдігі тыншытпады.** *Күдіктене берді, күмәндана берді.* **Күдіктен арылды.** *Сенімге ие болды, күдіктенбейтін болды.* **Күдіктің бұлты айықты.** *Шүбәсіз болды, сенімсіздік сейілді.* **Күдікті серпілтті.** *Күдіктен арылтты, күдігін кетірді.*

**КҮДІКСІЗ** сын. *Еш нәрседен секем алмай, қаперсіз, алаңсыз.*

**КҮДІКТЕН=** ет. *Сезіктену, секем алу, күмәндану.*

**КҮДІКТЕНГІШ** сын. *Секем алғыш, күмәндағыш.*

**КҮДІКТЕНДІР =** ет. *Сезіктендіру, шек келтіру, секем алдыру.*

**КҮДІКТЕНУ** *Күдіктен етістігінің қимыл атауы.*

**КҮДІКТЕНУШІ** зат. *Күмәнданушы, шүбәланушы.*

**КҮДІКТЕНІҢКІРЕ=** ет. *Күмән білдіріңкіреу, шүбә келтіріңкіреу.*

**КҮДІКТІ** сын. *Сезікті, шүбәлі, күмәнді..*

**КҮДІКТІЛЕУ** сын. *Күмәнділеу, сенімсіздеу.*

**КҮДІКТІЛІК** зат. *Күмәнділік, шүбәлілік, сенімсіздік.*

**КҮДІКШІЛ** сын. *Сезікшіл, күмәншіл, шүбә келтіргіш.*

**КҮДІКШІЛДІК** зат. *Күмәншілдік, сезікшілдік.*

**Күдікшілдігіне басты.** *Күмәнданды, шүбәланды.* **Күдікшілдікке бой алдырды.** *Күдіктенді, күмәнданды.*

**КҮДІР**[1] зат. зоол. *Бұғы тұқымдас мүйізсіз Сібір жануары.*

**КҮДІР**[2] зат. **1.** *Тегіс емес, ылди, ор болып келген шоқы, жота.* **2.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл, қиындық*

**Күдір желке.** *Шығыңқы, құжірейген желке.*

**КҮДІР**[3] елік. ***Күтір*** *(қатты заттарды шайнағанда немесе оларды бір-біріне соқтырғанда шығатын күтірлеген, қытырлаған дыбыстарды білдіретін сөз.)*

**КҮДІРБАЛЫҚ** зат. балықшар. *Тұқы тұқымдасына жататын, Ханка көлінде, Амур өзендерінде таралған еті дәмді балық.*

**КҮДІРЕ** сын. **1.** *Төзімді, мықты, шыдамды.* **2.** *Белі шығыңқы.*

**Күдіре жал [күдері жал].** *Қалың өскен, қайратты жал.*

**КҮДІРЕЙ=** ет. **1.** *Құжірею, дөңкию.* **2.** ауыс. *Сес көрсету, айбат шегу.*

**КҮДІРЕЙТ=** ет. *Құжірейту, дөңкиту.*

**КҮДІРЕЙТУ** *Күдірейт етістігінің қимыл атауы.*

**КҮДІРЕЙІҢКІРЕ =** ет. *Құжірейіңкіре, дөңкиіңкіре.*

**КҮДІРЕЙІҢКІРЕУ** *Күдірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КҮДІРЕҢ** сөйл. ***Қодыраң.***

**КҮДІРЕҢКІ** сын. *Шығыңқы, құжірейіңкі.*

**КҮДІР-КҮДІР**[1] сын. *Бұжыр-бұдыр, қожыр-қожыр, кедір-бұдыр.*

**КҮДІР-КҮДІР**[2] елік. ***Күтір-күтір*** *(қатты заттарды шайнағанда немесе олар бір-бірімен*

*соқтығысқанда шығатын қайта-қайта күтірлеген, қытырлаған дыбыстарды білдіретін сөз.)*

**КҮДІРЛЕН=** ет. *Жоталанып, жондану.*

**КҮДІРЛЕНУ** *Күдірлен етістігінің қимыл атауы.*

**КҮДІРЛІ** сын. *Тегіс емес, кедір-бұдырлы, дөңкиген.*

**КҮДІС** сын. **1.** *Кемістігі бар, бүкір, құныс.* **2.** *Дөңес, шығыңқы.*

**КҮДІСТЕН=** ет. *Сәл күдірею, шығыңқылану.*

**КҮДІСТЕУ** сын. *Жауырыны шығыңқылау, күдірейіңкілеу.*

**КҮДІСТІ** сын. *Күдірейіңкі, шығыңқы.*

**КҮЖ** елік. *Қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Күж етті.** *Құлаққа жағымсыз, дөрекі естілетін дыбыс шығарды.*

**КҮЖБАН** сын. сөйл. ***Құжбан.***

**КҮЖБАНДАЙ** сын. *Еңгезердей, үлкен, денелі.*

**КҮЖБЕҢДЕ=** ет. *Күйбеңдеу, күбіжіктеу.*

**КҮЖДЕЙ** сын. *Жуан, толық.*

**КҮЖДИ=** ет. сөйл. *Күжірею, дүрдию.*

**КҮЖ-КҮЖ** елік. *Қайталанып шыққан қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін дыбысты білдіретін сөз. // Бірді-бірге қайрап салу, егестіру үшін айтылатын сөз. // Ығы-жығы, быжынаған, құжынаған. // Қатпар-қатпар, қыртысы мол. // Қатты тасыған, тасқыны күшті су, ағын.*

**Күж-күж етті.** а) *Жуан дауыспен қатты сөйледі, күжілдеді.* ә) *Мәшине, трактор т.б. нәрселер күрілдеген дыбыс шығарды, салдыр-гүлдір етті, тарсылдады.*

**КҮЖҚАРА** сын. *Толық денелі, еңгезердей.*

**КҮЖІ** зат. қолөнер. *Көріктің аузы.*

**КҮЖІЛ** зат. **1.** *Күж-күж еткен түрпайы дыбыс.* **2.** ауыс. *Ұрыс, балағат.*

**КҮЖІЛДЕ=** ет. **1.** *Күж-күж еткен дыбыс шығару, жуан дауыспен дабырлап қатты сөйлеу, өлең айту.* **2.** *Гүрілдеген, дүрілдеген дыбыс шығару.* **3.** ауыс. *Күш көрсету, қожаңдау, қоқан-лоқы жасау.*

**КҮЖІЛДЕК** сын. *Күж-күж етіп, дабырлап сөйлейтін.*

**КҮЖІЛДЕС=** ет. *Дабырлап сөйлесу.*

**КҮЖІЛДЕТ=** ет. **1.** *Гүрілдету, дүр-дүр, күж-күж еткен дыбыс шығарту.* **2.** *Қатты, жуан дауыс шығарту.*

**КҮЖІЛДЕУ** *Күжілде етістігінің қимыл атауы; қожаңдау, қоқақтау.*

**КҮЖІЛДЕУІК** сын. сөйл. ***Күжілдек.***

**КҮЖІР** сын. *Күдірейген, шодыр.*

**КҮЖІРГЕЙ** зат. зоол. <лат. philomachus pugnax> *Тұрқы кептерден кішілеу, аяғы ұзын, арқасы сарғылт, қара қоңыр, төсі сарғылт сұр, бауыры ақ, тундрадан дала өңіріне дейінгі аймақты мекендейтін балшықшылар отрядына жататын құс.*

**КҮЖІРЕЙ=** ет. **1.** *Дөңкию, күдірею.* **2.** ауыс. *Айбаттану, сес көрсету.*

**КҮЖІРЕЙТ=** ет. *Күдірейту, дөңкиту.*

**КҮЖІРЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Дөңкиіңкіреу, күдірейіңкіреу.*

**КҮЖІРЕЙІҢКІРЕУ** *Күжірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЖІРЕЙІС=** ет. **1.** *Күдірейісу, дөңкиісу.* **2.** ауыс. *Айбаттанысу, сес көрсетісу.*

**КҮЖІРЛЕС=** ет. *Шүйіркелесіп сөйлесу.*

**КҮЗ** зат. **1.** *Дала мен ағаш жапырақтары сарғайып, жемістер мен көкөністер пісетін уақыт, жаздан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі.* **2.** *Дала қоңырқай тартып, күн суытып, жер қатып, мал жайлаудан күзеуге түскен кез.* **3.** терм. *Жер шары өз орбитасының күн мен түннің күзгі теңелу нүктесінен Күннің қысқы тоқырау нүктесіне дейінгі аралығында болатын жыл мезгілінің бірі.* **4.** ауыс. *Егде тартушылық, кәрілік.*

**Күз [күн] жылады.** *Жаңбыр жауды, күзгі жаңбыр жиіледі.* **Күз түсті.** *Күз болды, күз келді.*

**КҮЗГІ**[1] сын. **1.** *Күз айындағы, күз мезгіліндегі.* **2.** *Күзге арналған, лайықталған.*

**Күзгі сын.** пед. *Бір-екі пәннен нашар баға алған оқушының сол сабақты күзде қайта тапсыруы.* **Күзгі шуақ.** *Күзді күндері түсетін күн сәулесі.*

**КҮЗГЕСАЛЫМ** зат. *Күз түсер шақта, күзге қарай.*

**КҮЗГІ**[2] зат. көне. *Айна.*

**КҮЗГІДЕЙ** сын. көне. *Айнадай.*

**КҮЗДЕЙ**[1] сын. *Күз сияқты, күз тәрізді.*

**КҮЗДЕЙ**[2] үст. *Күз бойы.*

**КҮЗДЕ=** ет. этн. *Күз айында қыстауға бармай, уақытша күздеуде қоныстану.*

**КҮЗДЕУ** зат. этн. *Жаз жайлаудан қайтқан елдің күзде отыратын жері, қонысы.*

**КҮЗДІГҮНІ** үст. *Күз айларында, күзде, күз кезінде.*

**КҮЗДІК** зат. **1.** этн. ***Күздеу.*** **2.** этн. *Күзде сойылатын сойыс.* **3.** *Күзде жыртылатын жер, егістік.*

**Күздік бидай.** егіншар. *Күзде егілетін, қар астында қыстап, жазда ерте пісетін бидай.* **Күздік дақылдар.** егіншар. *Күзде егіліп, өнімі келесі жылы орылатын біржылдық астық тұқымдас өсімдіктер (күздік бидай, күздік қара бидай, күздік арпа, күздік сұлы т.б.).* **Күздік қымыз.** *Сірге мөлдіретерге дейін күздік шөпке жайылған бие сүтінен дайындалатын құнарлы қымыз.* **Күздік пәлте.** *Күзде киетін сырт киім.* **Күздік тері.** *Жүні әбден жетіліп, қалыңдаған кезде сойылған мал терісі.*

**КҮЗДІКТЕ=** ет. *Күздік қоныста отыру.*

**КҮЗЕ**[1]**=** ет. **1.** этн. *Жылқы малының жал-құйрығын қырқу, шағындау, қысқарту.* **2.** *Сақал-мұртты қысқарту, қию.* **3.** *Мүлде кесіп тастау, қыру.* **4.** *Сәндік үшін өсірілетін кейбір өсімдік, бұталарды әдемілеп кесу, шырпу.* **5.** ауыс. *Талқыға салып сынау.*

**Күзеп жіберді.** *Көктемде жылқы малының құйрық-жалын қысқартып, кесіп қоя берді.*

**КҮЗЕ**[2]**=** ет. этн. *Күздеуде отыру, күздеуді қоныстау.*

**КҮЗЕГЕР** сын. жерг. ***Күзелген.***

**КҮЗЕК** зат. **1.** сөйл. ***Күзеу.*** **2.** *Күзем алатын мезгіл, уақыт.*

**Күзек оты.** *Күздіктің айналасындағы шөп.*

**КҮЗЕКТЕ=** ет. *Күздікте отыру, мекендеу.*

**КҮЗЕКТІК** сын. *Күздікке арналған.*

**КҮЗЕКІ** зат. сөйл. ***Күздеу.***

**КҮЗЕЛ=** ет. **1.** *Қысқартылу, қырқылу.* **2.** *Тып-типыл болу, жойылу.*

**КҮЗЕЛУ** *Күзел етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЗЕМ** зат. этн. **1.** *Күздігүні қой қырқатын мезгіл.* **2.** *Күздеуге түскен соң қырқылатын, жаз бойы өскен жүн.*

**Күзем алды.** этн. *Күздеуге түскен соң қойларды қырықты.* **Күзем алу.** этн. *Қойдың жаз бойы өскен жүнін қырқу.* **Күзем алу думаны.** этн. *Күзем алу маусымында өткізілетін мереке, қазақтың ұлттық ойын-сауығы.* **Күзем жүн.** *Күзде қырыққан жүн.*

**КҮЗЕМДЕ=** ет. *Қырқу, күзем алу.*

**КҮЗЕМДЕТ=** ет. *Күзем алдырту.*

**КҮЗЕМЕ** сын. *Күзеп тасталған, күзелген, қырқылған; қысқа, қатты.*

**КҮЗЕМШАЙ** зат. *Күзем алынып болғаннан кейін берілетін қонақасы.*

**КҮЗЕН** зат. зоол. <лат. mustela> **1.** *Сусар тұқымдас терісі бағалы жыртқыш аң.* **2.** *Күзен терісі.*

**Күзен бел.** а) *Белі ұзынша келген жылқы.* ә) *Нәзік, ашаң бел.* **Күзен ішік.** этн. *Күзен терісінен тігілген сырт киім.*

**КҮЗЕНДЕЙ** сын. *Күзен сияқты, күзен тәрізді.*

**Күзендей бүгілді.** *Бүгып торуылдады.*

**КҮЗЕНШЕ** үст. *Күзен сияқты, күзенге ұқсап.*

**КҮЗЕР** зат. *Мұз үстінен түскен жол.*

**Күзер салды [жасады].** *Мұздың үстіне шөп-шалам төсеп, адам, көлік өтетін жол, өткел жасады.*

**КҮЗЕРЛІ** сын. *Байланыстыратын, жалғастыратын.*

**КҮЗЕТ** зат. *Қарауыл, сақшы.*

**Күзет бекеті.** әск. *Бөлімшелер мен бөлімдерді тұрақты орналасқан орындарындағы күзеттік қорғау органы.* **Күзет жасағы.** әск. *Қарсыласты уақытында байқауға, ол туралы күзет әскерлеріне ескертуге, олардың ұрысқа дайындалуы мен кірісуін қамтамасыз етуге арналған, бір орынға орналасқан күзет әскерлерінің бөлімі.* **Күзет иті.** әск. *Мемлекет шегарасын, жеке нысан, мүліктерді (кәсіпорын, қойма, мал қорасы т.б.) күзетуге әдейі үйретілген ит.* **Күзет кемесі.** әск. *Ұрыс кемелері мен көліктерді теңіздегі сүңгуір қайықтардың шабуылынан теңізде және аялдау сәтінде қорғау міндетін атқаруға арналған шағын әскери кеме.* **Күзет қарауылы.** әск. *Бөлімдер мен құрамалардың зат және азық-түлік қоймаларын, казармалық жиһаз, отын, көмір, көкөніс сақтайтын, тұрмыстық сауда кәсіпорындары қоймаларын қорғауға арналған күзет қызметі органы.* **Күзет қойды.** *Кезекші қарауылды тағайындады.* **Күзет қызметі.** әск. *Әскери-шаруашылық объектілерді сенімді күзетуге арналған әскердің ерекше қызметі.* **Күзет посты.** әск. *Жергілікті жерде орналасқан бөлімшені тікелей қорғауға арналған, бөлімшеден тұратын күзетпен қорғау органы.*

**КҮЗЕТ=** ет. **1.** *Қарауылдау, сақшылық ету.* **2.** *Ауыр халде жатқан науқасты қарау, басында отыру.* **3.** *Аңду, із бағу, тору.*

**КҮЗЕТКІЗ=** ет. *Қарауылдатқызу, қараттқызу.*

**КҮЗЕТСІЗ** сын. **1.** *Күзет қойылмаған, күзеті жоқ.* **2.** ауыс. *Бос, еркін.*

**КҮЗЕТТІР**[1]**=** ет. *Қараттыру, сақшылық еттіру, бақылаттыру.*

**КҮЗЕТТІР**[2]**=** ет. *Жылқының жал-құйрығын қырқу.*

**КҮЗЕТУ** *Күзет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды я затты аман сақтау үшін қарауылдау, байқау, бағу.* **2.** әск. *Жерүсті қарсыласының басты күштерге тұтқиылдан тап беруіне, оның барлауының кіріп кетуіне жол бермеу, басты күштердің ұрысқа ұйымдасып алып кіруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында ұрыстың барлық түрлерінде, ілгерілеу не бір жерге жайғасу кезінде жүргізілетін шаралар кешені.*

**КҮЗЕТУШІ** зат. сөйл. ***Күзетші.***

**КҮЗЕТШІ** зат. **1.** *Бір нәрсені күзететін адам, сақшы, қарауылшы.* **2.** ауыс. *Қорған, қамқоршы, пана.*

**КҮЗЕТШІДЕЙ** сын. *Күзетші сияқты, күзетші тәрізді.*

**КҮЗЕТШІЛІ** сын. *Күзетшісі бар.*

**КҮЗЕТШІЛІК** зат. *Күзетші болып жұмыс істеушілік; қарауылшылық.*

**КҮЗЕТШІСІЗ** сын. *Қараусыз, бағусыз, күтусіз.*

**КҮЗЕТІЛ=** ет. *Бір нәрсе аман сақталу, қорғалу.*

**КҮЗЕТІС=** ет. *Бақыласу, қарауылдасу, бағысу, сақшылық етісу.*

**КҮЗЕТІСУ** *Күзетіс етістігінің қимыл атауы; қарауылдасу, бағысу.*

**КҮЗЕУ** зат. сөйл. ***Күздеу.***

**КҮЗЕУ** *Күзе етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЗЕУЛІ** сын. этн. *Жал-құйрығы қырқылған.*

**Күзеулі қарыз.** экон. *Қамсыздандырылуының толық құнынан аз сомада берілетін қарыз.*

**КҮЗЕУСІЗ** сын. *Қырқылмаған, қиылмаған, қырылмаған.*

**КҮЗЕУШІ** зат. *Күзеу кезінде жылқының жал-құйрығын күзейтін адам.*

**КҮЗУ** зат. **1.** қолөнер. *Өрмек тоқылғанда үстіңгі жіптерді көтеріп тұру үшін пайдаланылатын кергіш ағаш.* **2.** қолөнер. *Өрмектің өре жіптерін тізетін аспа жіп.* **3.** жерг. *Жылқы шоқтығының алдыңғы жағы.*

**КҮЗУАҒАШ** зат. қолөнер. *Өрмектің желі жіптерінің шатыс түсуі үшін ерсісін (үрғашы жіп) көтеріп байлайтын ағаш.*

**КҮЗЛІ: күзулі жіп.** зат. қолөнер. *Кілем тоқуға қолданылатын еркек жіп.*

**КҮЗУСІЗ: күзусіз жіп.** зат. қолөнер. *Кілемшілікте қолданылатын ұрғашы жіп.*

**КҮЗУШЫБЫҚ** зат. қолөнер. *Өрмектің ерсісін (ұрғашы жіп) тізіп, шалып қою үшін қабатталған шиден, тобылғыдан жасалған шыбық.*

**КҮЗІР** зат. сөйл. ***Көзір.***

**КҮЗІРЛІ** сын. *Тұрмысы жақсы, күйлі. // Дәулетті, күйлі адам.*

**КҮЙ**[1] зат. муз. этн. *Негізінен, домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты халық аспаптарында ойнауға арналып жазылатын музыкалық шығарманың бір түрі.*

**Күй ақты.** экспр. *Күй төгілді, күй тартылды.* **Күй аңызы.** әдеб. *Қазақ фольклорындағы өзгеше бітімді жанрлық түр.* **Күй аспабы.** муз. *Күй орындалатын домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. сияқты аспап.* **Күйге бөледі.** *Тебірентті, толқытты.* **Күй кешті.** *Бір күйге түсті, өзгеше сезімде болды.* **Күй қайырды.** жерг. *Күй тартты, домбырамен күй орындады.* **Күй тартты [шертті].** *Күй орындады.* **Күй төкті.** *Күйді үсті-үстіне шертті, төгілтіп тартты.* **Күй [ән] шалқыды.** поэт. *Әннің, күйдің тербелген даусы шықты; ән айтылып, күй тартылды.* **Күй шертті.** а) *Күй тартты, күй ойнады.* ә) *Сырын тарқатты, жеткізді.* **Күйі тасыды.** *Шабыттанды, шабыт алды.*

**КҮЙ**[2] зат. **1.** *Адамның өмірді сезінуінің тұтас қалпы, күн көрісі, жай-жағдайы, тұрмысы.* **2.** *Малдың күтімі, жай-жапсары.* **3.** *Іс-әрекеттің белгілі бір сәттегі қалпы, түрі, кескіні.* **4.** физ. *Заттың, энергияның т.б. орналасқан орны, жағдайы, күйі.* **5.** ауыс. *Мұң, шер, қайғы, зар.*

**Күйге енді.** *Белгілі бір қалыпқа түсті, жаңарды, көңіл-күйінде жағымды өзгеріс болды.* **Күй енді.** *Шабыт келді.* **Күй кетті [тайды].** *Халі төмендеді, жағдайы болмады, бабы келмеді; сәні кетті.* **Күй параметрі.** *физ.* *Термодинамикалық жүйенің кез келген өлшемді макроскопиялық сипаттамалары (көлем, қысым, температура, тығыздық, ішкі энергия, энтальпия, энтропия, Гиббо және Гельмгольц энергиялары т.б.).* **Күй таңдады.** *Бап іздеді, күтім қажет етті.* **Күй теңдеуі.** физ. *Термодинамикалық тепе-теңдік күйдегі физикалық біртекті жүйенің қысымын, көлемін және температурасын байланыстыратын теңдеу.* **Күйі бірдің күні бір.** *Тұрмысы, жағдайы шамалас адамдардың көретіні де бірдей; мұңдас.* **Күйіне келді.** *Бабына келді.* **Күйін қашырды [кетірді].** *Берекесін кетірді, мазасын алды.*

**КҮЙ=** ет. **1.** *Оттың, ыстықтың т.б. нәрселердің әсерінен қарылу, күлдіреу.* **2.** *Жану, өртену.* **3.** *Ыстықтың, қуаңшылықтың әсерінен өсімдіктің, дақылдың қурап қалуы.* **4.** *Аурудың ыстығы көтерілу, дененің қатты қызуы.* **5.** *Күннің қатты ысып кетуі, шақыраю. // Ауасы тар, қапырық, шыжыған.* **6.** ауыс. *Қатты ашулану, терісіне сыймау, ыза кернеу, ашуға булығу, қаны қайнау.* **7.** ауыс. *Жаны ашу, күйіну.* **8.** ауыс. *Пайдаға аспай қалу, зая болу.* **9.** ауыс. *Біреу үшін залал шегу, басы пәлеге қалу.* **10.** ауыс. *Махаббат сезіміне қатты берілу.* **11.** ауыс. *Қиналу, қапа болу, азап шегу.*

**Күйіп кеткір!** қарғ. *Жанып, құрып кеткір.* **Күйіп кетті.** а) *Ұтылды, ұпайы босқа күйді; зая кетті.* ә) *Ызаланды, қатты ашуланды.*

**КҮЙБЕЖЕКТЕ=** ет. *Қыбыжықтау, қипақтау, кібіртіктеу.*

**КҮЙБЕЖЕҢДЕ=** ет. *Қыпықтау, қыбыжықтау.*

**КҮЙБЕЛЕКТЕ=** ет. *Күйбіңдеу, сипақтау.*

**КҮЙБЕЛЕҢ** сын. *Тынымсыз, ұсақ тіршілікті. // Күнделікті ұсақ-түйек тірлік.*

**КҮЙБЕЛЕҢДЕ=** ет. *Ұсақ-түйекпен айналысып, мардымды ештеңе бітірмеу.*

**КҮЙБЕЛЕҢДІ** сын. *Неше түрлі күйбелеңі бар, күйбеңі мол.*

**КҮЙБЕҢ** зат. **1.** *Ұсақ-түйек, күйкі тірлік. // Тынымсыз, ұсақ-түйекті.* **2.** *Әуре, әлек.*

**Күйбең қақты.** *Күйбеңдеді.* **Күйбең тартты.** *Бүгежектеп артқа тартты.* **Күйбең тіршілік.** *Мардымсыз, тынымсыз тірлік, күйкі өмір.*

**КҮЙБЕҢДЕ=** ет. **1.** *Ұсақ, күйкі тіршілікпен жүру.* **2.** *Бүгіжіктеу, кібіртіктеу.*

**КҮЙБЕҢДЕҢКІРЕ=** ет. *Кібіртіктеңкіреу, қипақтаңқырау.*

**КҮЙБЕҢДЕС=** ет. *У-шу болып, не істерін білмеу, абыржысу.*

**КҮЙБЕҢДЕТ=** ет. *Ұсақ-түйек шаруамен айналыстыру.*

**КҮЙБЕҢДЕУ** *Күйбеңде етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Мардымсыз тірлікпен жүру, уақытын ұсақ-түйекпен өткізу.* **2.** *Бүгіжіктеу, кібіртіктеу.*

**КҮЙБЕҢ-КҮЙБЕҢ** елік. *Тынымсыз, мардымсыз, ұсақ-түйек нәрсемен айналысатын әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Күйбең-күйбең етті.** *Мардымсыз, ұсақ-түйек бірдеңемен айналысты.*

**КҮЙБІЖЕҢДЕ=** ет. *Бүгіжіктеп, астыүстіне түсу.*

**КҮЙБІЖІКТЕ=** ет. *Қаймығып қипақтау, сипақтау.*

**КҮЙБІҢ** зат. сөйл. ***Күйбең.***

**КҮЙБІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Күйбеңде.***

**КҮЙГЕЛЕК** сын. *Қызуқанды, күйіп-пісуге дайын тұратын ұстамсыз, сабырсыз, тағатсыз.*

**КҮЙГЕЛЕКТЕ=** ет. *Жоқтан өзгеге ашу шақыру, сабырсыздану, мазасыздану.*

**КҮЙГЕЛЕКТЕН=** ет. *Сабырсыздану, мазасыздану.*

**КҮЙГЕЛЕКТЕУ** сын. *Сабырсыздау, шыдамсыздау, тағатсыздау.*

**КҮЙГЕЛЕКТІК** зат. *Белгілі бір істің, оқиғаның, құбылыстың байыбына бармай, келеңсіз салдарын үлкейте көрсетіп, оған қатысты өзінің жасауға тиісті әрекетін жасай алмай, негізсіз абдырау; сабырсыздық, тағатсыздық.*

**КҮЙГЕНБАС** зат. бот. *Доңызсырттың бір түрі; сабағы жіңішке болады.*

**КҮЙДЕЙ** сын. *Күй сияқты, күй тәрізді.*

**КҮЙДІМ-ПІСТІМ** сын. сөйл. *Жоқ нәрсеге күйіп-пісетін, мазасыз.*

**КҮЙДІР=** ет. **1.** *Жағу, жандыру, өртеу.* **2.** *Бір нәрсені шамадан тыс жандырып жіберу, отқа көп ұстау.* **3.** тех. *Түрлі материалдарға қажетті қасиеттер (мыс., қаттылық, беріктік) берілуі үшін немесе оларды зиянды қоспалардан арылту үшін жоғары температурада қыздырып, шынықтыру; арнайы пештерде белгілі бір нәрселерді өңдеуден өткізу, бабына жеткізу.* **4.** *Денені қарып, зақым ету.* **5.** *Қару; қыздыру.* **6.** ауыс. *Нақақ кінәлау, жазғыру, айып тағу.* **7.** ауыс. *Бір нәрсені өз бағасынан төмен бағамен сату, зиян шегу.* **8.** ауыс. *Жанына тиіп ыза қылу, шымбайына батыру, ашындыру.* **9.** ауыс. *Қызықтырып, қызғаныш тудыру.* **10.** ауыс. *Өңменінен өткізе қарау; қадала қарау.* **11.** ауыс. *Жан-дүниені алаулату, өртеу.*

**КҮЙДІРГІ** зат. **1.** мед. *Денені қатты күйдіріп-жандырып шығатын, адамға ауру малдан жұғатын іріңді жара.* **2.** ауыс. *Жанды жегідей жейтін ауыр қайғы, өкініш.*

**Күйдіргі мінез.** *Аяқ астынан ашуланып, мазаны алатын мінез.* **Күйдіргі ой.** *Жанға батар ауыр ой.* **Күйдіргі сөз.** *Жанға ауыр тиетін ащы сөз.*

**КҮЙДІРГІДЕЙ** сын. *Күйдіргі сияқты, ауыр.*

**КҮЙДІРГІШ** сын. **1.** *Тиген жеріне зақым келтіріп, күйдіретін.* **2.** *Сәл қарып, залалсыздандыратын. //* хим. *Құрамында металға алмаса алатын сутектің бір немесе бірнеше атомы бар химиялық қосылыс, қышқыл.* **3.** ауыс. *Ащы, улы тілді (адам).*

**КҮЙДІРТ=** ет. *Кінәлату, жазғырту.*

**КҮЙДІРУ** *Күйдір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күннің көзіне тотығу, күнқақты болу.* **2.** *Денені қарып, зақым ету.* **3.** мед. *Жараның бетін йодпен сүртіп, сәл қарып алу; залалсыздандыру.* **4.** кен. *Кенді немесе байыту өнімдерін әртүрлі газды ортада жоғары температурада өңдеу.* **5.** ауыс. *Құрту, жою.*

**Күйдіру пеші.** тех. *Әртүрлі материалдарды күйдіруге арналған пеш.*

**КҮЙДІРУШІ** зат. *Негізгі кәсібі белгілі бір нәрсені күйдірумен, өртеумен, балқытумен байланысты адам.*

**КҮЙДІРІЛ=** ет. *Жоғары температурада қыздырылып, шынықтырылу; өңдеуден өткізілу.*

**Күйдірілген сүйек.** *Жануарлар сүйегін өртегенде алынатын қара түсті зат.*

**КҮЙДІРІС=** ет. *Жойысу, құртысу.*

**КҮЙЕ** зат. **1.** *Жанған оттың маңайындағы заттарға жұқтыратын қарағұрым дақ.* **2.** хим. *Органикалық заттар толық жанбағанда немесе термиялық айырылуға ұшырағанда түзілетін ұнтақ тәрізді, негізінен, көміртектен (94,5-99,8 %) тұратын өнім.* **3.** зоол. *Көбелектер отрядындағы ұсақ, реңі тартымсыз, адам мекендейтін жерлердің бәрінде кездесіп, жүннен, теріден жасалған бұйымдарды бүлдіретін зиянды жәндік.*

**Күйе жағу.** *Жазғыру, жазықсыз қаралау.* **Күйе жақты.** а) *Кір келтірді, былғады.* ә) *Кінәсыз айып тақты.* **Күйе жұқтырды.** *Жаманатқа қалдырды, жала жапты.* **Күйе саңырауқұлақтары** биол. <лат. ustilaginales> *Екпе және жабайы өсімдіктерді қара күйе ауруына шалдықтыратын базидиялы саңырауқұлақтардың бір тобы.*

**КҮЙЕДЕЙ** сын. *Күйе сияқты, күйе тәрізді.*

**Күйедей жабылды.** *Қаптады, опыр-топыр басып кетті.* **Күйедей жалады.** *Тып-типыл етті, түк қалдырмады.* **Күйедей жұқты [жұғысты].** *Жұғымды, сіңімді болды.* **Күйедей соқты.** *Түгін қалдырмай жеді, көзіне көрінгенді жеді.*

**КҮЙЕЗ** зат. **1.** мед. *Бұлшық ет қабынуынан болатын, мойынды бұрғызбай ауыртатын ауру.* **2.** ауыс. *Кербез, сәнқой.*

**КҮЙЕЗДЕ=** ет. *Қойдың, құлынның ыстық күн көзінен бой тасалап, көлеңкелеуі.*

**КҮЙЕЗДЕН=** ет. *Мойынды бұрғызбай, ұстап қалу.*

**КҮЙЕК** зат. этн. **1.** *Қойдың қашу мерзімі.* **2.** *Қойды мезгілінен бұрын қашырмау үшін қошқардың беліне байлайтын арнаулы киіз.*

**Күйек алды.** малшар. *Саулық қойларға қошқар салды.* **Күйек байлады.** малшар. *Қойды мезгілсіз қашырмас үшін қошқардың беліне арнаулы киіз байлап таңды.* **Күйек байлау.** малшар. *Уақ малдың төлдеуін реттеп отыру үшін еркек малдың беліне киіз байлап қою.* **Күйек кенже.** этн. *Мезгілінен кеш туған қозы.* **Күйекке түсті.** *Қой қашты.* **Күйекке түсірді.** *Қашырды, шағылыстырды.* **Күйек майы.** этн. *Қошқарды күйекке салғаны үшін иесіне берілетін азын-аулақ ақы.* **Күйек сақал.** *Сақалы күйек тәрізді, қаукиған, қалың. // Қалың сақалды, сақалы күйек тәрізді адам.*

**КҮЙЕКАСТЫ** сын. **1.** *Білдірмей, сездірмей (етекасты).* **2.** *Жасырын, астыртын.*

**Күйекасты болды.** а) *Мезгілсіз қашты.* ә) *Астыртын, жасырын, байланысты.*

**КҮЙЕКТЕЙ** сын. **1.** *Қаукиған, қалың.* **2.** *Ебедейсіз үлкен.*

**КҮЙЕКТЕНДІР=** ет. *Қойды қашыру, ұрықтандыру.*

**КҮЙЕКТЕНДІРТ=** ет. *Қойды қашырту, ұрықтандырту.*

**КҮЙЕКТЕНДІРУ** *Күйектендір етістігінің қимыл атауы; саулықты ұрықтандыру.*

**КҮЙЕ-КҮЙЕ: күйе-күйе болды.** *Әбден күйе басты, күйелештенді.*

**КҮЙЕ-ҚОЖАЛАҚ** сын. *Кір, лас, қап-қара.*

**КҮЙЕЛЕ=** ет. **1.** *Күйе жағу.* **2.** *Ластау, қап-қара қылу.* **3.** ауыс. *Біреуге жала жабу, пәле салу.*

**КҮЙЕЛЕН=** ет. **1.** *Күйе жағылу.* **2.** *Ластану; қап-қара болу.*

**КҮЙЕЛЕУ** *Күйеле етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЙЕЛЕШ** сын. **1.** *Шамадан тыс жанған, күйген.* **2.** *Күйе-күйе, қап-қара; кір.*

**КҮЙЕЛЕШ-КҮЙЕЛЕШ** сын. *Әбден күйе болған.*

**КҮЙЕЛЕШТІК** зат. *Күйе-күйе болушылық, күйеленушілік.*

**КҮЙЕЛІ** сын. **1.** *Күйе басқан, күйеленген.* **2.** ауыс. *Кінәлі, ұятты.*

**КҮЙЕНТЕ** зат. **1.** жерг. *Екі жағында шелек ілетін ілгегі бар, иыққа салып су таситын құрал, иінағаш.* **2.** тех. *Центрлік біліктен теңселетін қос иінді тетік, теңгергіш.*

**КҮЙЕНТЕЛІ** сын. *Күйентесі бар.*

**Күйентелі таразы.** тех. *Қымбат бағалы металдарды, асыл тастарды, химиялық реактивтерді өлшейтін таразы.*

**КҮЙЕУ** зат. **1.** *Әйелдің ері, жұбайы.* **2.** этн. *Қызды айттырған және алған жігіттің қыз еліне туыстық қатысы.*

**Күйеуге тиді [шықты].** *Тұрмыс құрды, ерге шықты.* **Күйеуге қашты.** *этн. Қыздың ата-анасынан рұқсат алмай, өз еркімен күйеуге шығып кетуі.* **Күйеуге шыққыш.** *Күйеуге тез тиетін, тұрмыс құруға бейім.* **Күйеудің атқосшысы.** сөйл. *Күйеу жолдас.* **Күйеу жолы.** этн. *Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет.* **Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық.** *этн. Бұл жерде күйеу көп болғанда жүз жасайды, ал сүйек шатыс жекжаттық ұрпақтан-ұрпаққа кетеді деген мағынада.* **Күйеу келтіру.** этн. *Той жасап, қызды ұзату.* **Күйеу түсті.** этн. *Күйеу жол-жосығын жасап, қыздың үйіне келді.*

**КҮЙЕУАТТАНДЫРАР** зат. этн. **1.** *Қайындап барған жігіт аттанар кезде қолтығынан демеп, атқа отырғызғаны үшін берілетін сый, кәде.* **2.** *Қызды ұзатар алдында жастардың жиналып, ойын-сауық құруы.*

**КҮЙЕУБАЛА** зат. **1.** ***Күйеужігіт*** *(болашақ күйеу, қалыңдығы бар жігіт).* **2.** этн. *Бір елдің қызын алған жігіттің қайын жұртындағы әйелінен жасы үлкендерге қатысы.*

**КҮЙЕУБАЛАЛЫҚ** сын. *Күйеубалаға тән, күйеубалаға қатысты.*

**КҮЙЕУЖОЛДАС** зат. этн. *Қалыңдықты алып келуге барғанда күйеу жігіттің қасына еріп баратын серігі.*

**КҮЙЕУЖІГІТ** зат. *Болашақ күйеу, қалыңдығы бар жігіт.*

**КҮЙЕУКӨРІМДІК** зат. этн. *Неке кию рәсімі кезінде қалыңдықтың ата-анасының күйеуді көрсеткені үшін шапан түрінде беретін сый кәдесі.*

**КҮЙЕУҚОСШЫ** этн. *Қалыңдыққа ұрын келген күйеудің қасындағы жақын жолдасы, серігі.*

**КҮЙЕУҚАЗЫҚ** зат. этн. *Қатты жел, дауыл тұрғанда киіз үйдің сыртынан айналдыра бастырып арқан байлайтын қазық.*

**КҮЙЕУКҮРКЕ** зат. этн. *Күйеу жігітке арналып тігілетін үй, күрке.*

**КҮЙЕУЛЕТ=** ет. *Күйеу ету, күйеу ретінде қабылдау.*

**КҮЙЕУЛІ** сын. *Күйеуі бар. Күйеу отырған // Күйеуі бар әйел.*

**КҮЙЕУЛІК** зат. *Күйеу болушылық.*

**КҮЙЕУСЫМАҚ** зат. экспр. *Күйеуді қорашсыну, кемсіну мағынасында.*

**КҮЙЕУСІЗ** сын. *Күйеуі жоқ.*

**КҮЙЕУСІН=** ет. **1.** *Өзін күйеу деп санау, күйеу болғансу.* **2.** ауыс. *Кісімсіну, бөлдену, өзінше болу, қожасыну.*

**КҮЙЕУСІРЕ=** ет. *Күйеу іздеу.*

**КҮЙЕУТАБАҚ** зат. этн. *Төс, асықты жілік, омыртқа тәрізді кәделі сүйектер мен қазы-қарта салынып, күйеуге арнайы тартылатын табақ.*

**КҮЙЕУШЕ** үст. *Күйеу сияқты, күйеуге ұқсап.*

**КҮЙЕУШІЛЕ=** ет. *Қыздың аулына күйеу болып аттану, бару.*

**КҮЙЕУШІЛЕУ** *Күйеушіле етістігінің қимыл атауы; күйеу болып бару.*

**КҮЙ-ЖАЙ** зат. *Хал-ахуал, жай-жапсар, жағдай.*

**КҮЙЗЕЛ=** ет. **1.** *Қиналу, қайғыру, қажу.* **2.** *Азап шегу, жүдеп-жадау.*

**КҮЙЗЕЛДІР=** ет. *Қиналдыру, қайғырту, азап шектіру.*

**КҮЙЗЕЛТ=** ет. *Қиналту, қажыту.*

**КҮЙЗЕЛТКІШ** сын. *Жанды қиналтатын, қайғыртатын.*

**КҮЙЗЕЛТУ** *Күйзелт етістігінің қимыл атауы; қажыту, азап шектіру.*

**КҮЙЗЕЛУ** *Күйзел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қажу, жадап-жүдеу.* **2.** *Налу, қамығу, қайғыру.* **3.** *Дағдарысқа түсу.*

**КҮЙЗЕЛУШІЛІК** зат. **1.** *Қиналушылық, назаланушылық.* **2.** *Азап; дағдарыс.*

**КҮЙЗЕЛІҢКІ** сын. *Мұңайыңқы, жабырқаңқы.*

**КҮЙЗЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Азып-тозыңқырау, жабырқаңқырау.*

**КҮЙЗЕЛІС** зат. психол. **1.** *Дағдарыс, қатты қиналыс, жан азабы.* **2.** *Қиналып қайғырушылық, қажығандық.*

**Күйзеліс шекті.** *Қиналды, қажыды.*

**КҮЙЗЕУ** сын. *Жабырқау, шерлі.*

**Күйзеу тартты.** *Мұңды, шерлі болып күйзелді, жабырқады.*

**КҮЙЗЕУЛІК** зат. *Залал, нұқсан.*

**КҮЙЗЕУШІЛІК** зат. *Жабырқаңқылық; шерлі болушылық.*

**Күйзеушілікке ұшыратты.** *Күйзелтті, құлдыратты.*

**КҮЙКЕНТАЙ** зат. зоол. <лат. falco vespertinus>. *Тұрқы 290-330 мм, салмағы 140-190 гр шамасындағы жыртқыш құс, ағашы аз орманды алқаптарды мекендейтін құс; сұңқар тұқымдасының бір түрі.* **2.** ауыс. *Күші жоқ, әлсіз адам. // Әлсіз, күші жоқ.*

**КҮЙКЕНТАЙДАЙ** сын. *Күйкентай сияқты, өте кішкентай.*

**КҮЙКИ=** ет. *Бір уыс болып шөгу.*

**КҮЙКІ** сын. **1.** *Көзге қораш, тартымсыз.* **2.** жерг. *Кішкентай.* **3.** ауыс. *Тапшы, кем.*

**Күйкі тіршілік [өмір]**. *Мардымсыз, тынымсыз, өнбес, қораш тірлік.* **Күйкі шөп**. *Жұғымдылығы аз шөп.*

**КҮЙКІ-КҮЙБЕҢ** зат. *Күнделікті тынымсыз тіршілік, ұсақ күйбің.*

**КҮЙКІЛЕН=** ет. *Жоқтан өзгені көңілге алу, мазасыздану.*

**КҮЙКІЛЕУ** сын. *Көзге қораштау.*

**КҮЙКІЛЖІҢ** сын. экспр. *Сүреңсіз, күйкі тірлігі бітпейтін.*

**КҮЙКІЛІ** сын. *Ұсақ-түйекті, сүреңсіз.*

**КҮЙКІЛІК** зат. *Күйкі тірлігі, ұсақ қарекеті бітпейтін, ілдалдаланған тіршілік.*

**КҮЙ-ҚОҢ** зат. **1.** *Күй-жай; тұрмыс жағдайы.* **2.** *Күйлілік, қоңдылық.*

**КҮЙ-ҚУАТ** зат. *Күш-қайрат, әл.*

**КҮЙЛЕ[1]=** ет. **1.** биол. *Аналық жасушаның жетіліп, ұрғашы малдың жыныстық шабы-тының келу кезеңі.* **2.** ауыс. *Бозбалашылыққа салыну, қызықтау.* **3.** ауыс. *Ойлау, көксеу.* **4.** ауыс. *Қызулану, кәріне міну.*

**КҮЙЛЕ[2]=** ет. **1.** *Домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіру.* **2.** ауыс. *Шаттық кернеу, күйге толу.* **3.** ауыс. *Желігу, есіру.*

**КҮЙЛЕ[3]=** ет. **1.** *Жағдайын табу, бабына келтіру.* **2.** жерг. *Жөнге келтіру, реттеу.*

**КҮЙЛЕН[1]=** ет. *Күйдің ойналуы.*

**КҮЙЛЕН[2]=** ет. *Әлдену, ауқаттану, оңалу.*

**КҮЙЛЕНДІР[1]=** ет. *Домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіру.*

**КҮЙЛЕНДІР[2]=** ет. *Оңалту, жағдайын жақсарту, әлдендіру.*

**КҮЙЛЕНУ** *Күйлен етістігінің қимыл атауы; оңалу, әлдену.*

**КҮЙЛЕМЕ** сын. *Қызық қуған, бозбалашылыққа салынған.*

**КҮЙЛЕС=** ет. *Қызықтасу, әуейілікке салынысу.*

**КҮЙЛЕТ=** ет. **1.** *Домбыраны күйге келтіру.* **2.** ауыс. *Қозғау, ояту, түрткілеу.*

**КҮЙЛЕУ** биол. <лат. libido sexualis> *Күйле етістігінің қимыл атауы. Аналық жасушаның жетіліп, ұрғашы малдың жыныстық шабытының келуі.*

**КҮЙЛІ[1]** сын. **1.** *Жағдайы жақсы, бақуатты, ауқатты.* **2.** *Семіз, қоңды.* **3.** ауыс. *Орынды, жөнді, келісті.*

**КҮЙЛІ[2]** сын. *Күйге толы, әуезді.*

**КҮЙЛІ-ЖАЙЛЫ** сын. *Ауқатты, жай-күйі жақсы.*

**КҮЙЛІ-ҚУАТТЫ** сын. *Денсаулығы жақсы, әлді, мықты.*

**КҮЙЛІЛЕУ** сын. *Тұрмысы жақсылау, қуаттылау.*

**КҮЙЛІЛІК** зат. **1.** *Тұрмысы жақсы болушылық, ауқаттылық.* **2.** *Семіздік, қоңдылық.*

**КҮЙЛІРЕК** сын. *Хал-жағдайы жақсырақ.*

**КҮЙМЕ** зат. этн. *Үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арба.*

**КҮЙМЕ-БЕСІК** зат. окказион. ***Бесікарба***.

**КҮЙМЕДЕЙ** сын. *Күйме сияқты, күйме тәрізді.*

**КҮЙМЕЛЕ=** ет. **1.** *Күйме орнату.* **2.** *Күйме тәрізді етіп, жан-жағын көмкеріп қымтау.*

**КҮЙМЕЛЕН=** ет. *Көмкерілу, қымталу.*

**КҮЙМЕЛІ** сын. *Күйме орнатқан, күймесі бар.*

**КҮЙМЕҢДЕ=** ет. жерг. *Бүгежектеу, күйбеңдеу.*

**КҮЙМЕСГҮЛ** зат. өс. <лат. dictamnus>. *Гүлі күлгін қызғылт, қосжынысты, бес тостағаншасы, бес күлтесі, он аталығы, бес ұялы аналығы болатын рута тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**КҮЙМЕСТАС** зат. геол. *Ганистер терминінің синонимі.*

**КҮЙМЕШІ** зат. *Күйме жасайтын шебер.*

**КҮЙОЙНАҚ** зат. *Көбею мерзіміндегі аталықтар мен аналықтар мінез-қылығындағы ерекше құбылыс.*

**КҮЙПАЗ** зат. *Күйді сүйетін, күйқұмар.*

**КҮЙРЕ=** ет. **1.** *Құлдырау, дағдарысқа ұшырап, құру, құлау.* **2.** *Бұзылу, қирау, сыну.* **3.** ауыс. *Іштей таусылып жер болу, жасу.* **4.** ауыс. *Әлсіздік, осалдық көрсету, имену.*

**КҮЙРЕК[1]** сын. *Жігерсіз, осал, боркемік. // Жігерсіз адам.*

**КҮЙРЕК[2]** сын. *Қытырлақ, құрғақ.*

**Күйрек тары**. *Биылғы жылғы тарының дәні, сапалы, қытырлақ түрі.*

**КҮЙРЕКСІТ=** ет. *Жасыту, босаңсыту.*

**КҮЙРЕКТЕН=** ет. *Босаңсу, жасу, боркеміктену.*

**КҮЙРЕКТЕУ** сын. *Жасықтау, боркемік-теу.*

**КҮЙРЕКТІК** зат. *Босаңдық, жасықтық.*

**КҮЙРЕЛІ=** ет. **1.** *Жеңілу, бас көтере алмау.* **2.** *Қаймығу, шегіну, жеңілісін мойындау.*

**КҮЙРЕҢДЕ=** ет. *Күйректік, жасықтық көрсету.*

**КҮЙРЕТ=** ет. **1.** *Қирату, сындыру, шағу, бұзу.* **2.** ауыс. *Сағын сындыру, жасыту.*

**КҮЙРЕТКІШ** сын. *Бұзып-жойғыш, зиян келтіргіш.*

**КҮЙРЕТУ** *Күйрет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Талқандау, жою.* **2.** *Бұзу, шағу, қирату.* **3.** ауыс. *Қаймықтыру, жасыту.*

**КҮЙРЕТУШІ** зат. *Бұзып-жоюшы, талқандаушы.*

**КҮЙРЕТІЛ=** ет. *Талқандалу, қиратылу.*

**КҮЙРЕТІЛУ** *Күйретіл етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЙРЕУ** *Күйре етістігінің қимыл атауы; қирау.*

**КҮЙРЕУІК[1]** зат. өс. <лат. salsola rigida> *Алабұталар тұқымдасына жататын, шөлді аймақтарда өсетін көпжылдық бұташық өсімдік; көктемде ерте шығып, ерте қурайтын, малға өте жұғымды, көбіне қой жейтін малазықтық шөп.*

**КҮЙРЕУІК[2]** сын. *Уайымға берілгіш, күйінгіш.*

**КҮЙСАНДЫҚ** зат. муз. *Музыкалық шығарма орындалатын клавишті аспап, рояль.*

**КҮЙСЕ=** ет. **1.** *Жылқыдан басқа төрт түлік малдың және ақбөкен сияқты басқа да жануарлардың жеген жем-шөбін қайта лоқсып шығарып, шайнап бойына сіңіруі, күйіс қайтару.* **2.** ауыс. *Аузы тыным таппай шайнаңдау, жей беру, күрсілдетіп соғу.* **3.** ауыс. *Орынсыз сөз сөйлеу, жағымсыз бірдеңе деу.*

**КҮЙСЕТ=** ет. *Шөпке жаю, оттату.*

**КҮЙСЕУ** *Күйсе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күйіс қайтару.* **2.** *Шайнау.*

**КҮЙСЕУІК** зат. *Бунақденелілер аузындағы төменгі жақ.*

**КҮЙСІ=** ет. *Ауқатты болу, әлді, күйлі болу.*

**КҮЙСІЗ** сын. **1.** *Хал-ахуалы төмен, жүдеу.* **2.** *Қолайсыз, жайсыз.*

**Күйсіз күлік.** *Бабы келмеген жүйрік.* **Күйсіз шықты.** *Малдың жайы болмады, арық болды.*

**КҮЙСІЗДЕН=** ет. *Күйі кету, жадап-жүдеу, жағдайы болмау.*

**КҮЙСІЗДЕНУ** *Күйсізден етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЙСІЗДЕУ** сын. *Жағдайы нашарлау, жүдеулеу.*

**КҮЙСІЗДІК** зат. *Жағдайы жоқтық, жүдеулік.*

**КҮЙТ**[1] зат. *Жан-жануарлардың шағылысуға дайын болған кездегі жайы.*

**Күйті келді**. *Жан-жануарлардың шағылысу кезеңі келді, күйледі.*

**КҮЙТ**[2] зат. *Жағдай, күй-жай.*

**КҮЙТАБАҚ** зат. муз. *Радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын дыбыс жазылған дөңгелек табақша.*

**КҮЙТАБАҚША** зат. муз. *Шағын күйтабақ.*

**КҮЙТЕҢДЕТ=** ет. сөйл. *Ойын жасыру, бүкпелеу.*

**КҮЙТЕҢДЕТУ** *Күйтеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЙТ-КҮЙТТЕ=** ет. *Біреуді біреуге қарсы қою, айдап салу.*

**КҮЙТКІ** зат. сөйл. ***Күйт.***

**КҮЙТОЙНАҚ** зат. *Дуадақ, жек, қырғауыл, құр т.с.с. құстардың қоразы мен мекиендерінің жұптасар алдындағы ойнағы.*

**КҮЙТСІЗ** сын. *Жайсыз, жағдайсыз.*

**КҮЙТТӘЙ** сын. жерг. **1.** *Кішкентай, титтей, құрттай.* **2.** *Аз-маз, сәл ғана.*

**КҮЙТТЕ**[1]**=** ет. **1.** *Күйі келу, күйлеу.* **2.** ауыс. *Қамын ойлап әрекет ету.* **3.** ауыс. *Аялап күту, қадірлеу.*

**КҮЙТТЕ**[2]**=** ет. *Музыкалық аспапты күйге келтіру.*

**КҮЙТТЕЛ=** ет. *Күйге келтірілу.*

**КҮЙТТЕН=** ет. *Күйі келу, жарау.*

**КҮЙТТЕС=** ет. *Қаракеттесу, қамдасу.*

**КҮЙТТЕУ** *Күйтте етістігінің қимыл атауы; жанын күту, жағдайын, қамын ойлау.*

**КҮЙТІҢ** сын. *Күйбең.*

**КҮЙШІ** зат. **1.** *Күй авторы; домбыра, қобыз бен сыбызғыда күй орындаушы-музыкант.* **2.** ауыс. *Шығармашылық өнердің майталманы, шебері.*

**КҮЙШІДЕЙ** сын. *Күйші тәрізді, күйші сияқты.*

**КҮЙШІЛ**[1] сын. **1.** *Күйге құмар, күйге жаны тебіренгіш.* **2.** *Үні тамаша, сазды.*

**КҮЙШІЛ**[2] сын. *Ерекше күтім іздейтін, бапшыл.*

**Күйшіл бүркіт.** жерг. *Бүркіттің күй таңдайтын түрі.*

**КҮЙШІЛІК** зат. *Күйге жаны тебіренгіштік, күйге сезімталдық. //Күй тарту.*

**КҮЙІК** зат. **1.** *Өрт шалған, өртенген жер.* **2.** биол. <лат.combustio> *Жоғары температураның, химиялық заттардың, электр тогы мен радиоактивті т.б. сәуленің әсерінен ағза тінінің зақымдануы.* **3.** ауыс. *Қайғы-қасірет, күйініш.*

**Күйік жамылды.** *Қасірет шекті, уайым-қайғы арқалады.* **Күйікке шалдықты.** *Күйікке тап болды, күйінді.* **Күйік тартты.** *Қайғырды, қасірет шекті.* **Күйік татыды.** *Күйік дәмі шықты.* **Күйік үстіне күйік [күйік-жалқын]салды**. *Қайғыға қайғы жамады, уайымын күшейтті.*

**КҮЙІК=** ет. **1.** *Ысып кету, қызу.* **2.** ауыс. *Ашу шақыру, ызаланып, күйіну.*

**КҮЙІКБАС** зат. зоол. *Дәнді дақылдарды зақымдайтын ұсақ жәндік, күйе.*

**КҮЙІКСАРЫ** зат. саят. *Бүркіттің нашар тұқымдарының бірі.*

**КҮЙІКТЕН=** ет. *Жалын шалып, қошқылдана күю.*

**КҮЙІКТІ** сын. *Қайғылы, шерлі, мұңды.*

**Күйікті етті.** *Қатты қызықтырып, қызғандырды.*

**КҮЙІКШІЛ** сын. *Уайымшыл, қайғышыл, қамыққыш.*

**КҮЙІН=** ет. **1.** *Әділетсіз іске, жауыздыққа т.б. қарсылықпен ашу-ызаға булығу, кею, ренжу.* **2.** *Қынжылу, қиналу.* **3.** *Іші күю, қатты қызығу, қызғану.*

**КҮЙІНДІ** зат. *Күйген, өрт шалған жер.*

**КҮЙІНДІР=** ет. *Қынжылту, қиналту, өкіндіру.*

**КҮЙІНУ** *Күйін етістігінің қимыл атауы (адамның өз ісіне немесе өзге адамға көңілі толмай мазасыздануы, бойын қайғы, мұңға алдырып, уайымға салынуы).*

**КҮЙІНУЛІ** сын. *Ашынулы, ренжулі, ашулы.*

**КҮЙІНШЕ** үст. *Сол бойынша, сол қалпынша.*

**КҮЙІНІС=** ет. *Қайғырысу, қамығысу.*

**КҮЙІНІШ** зат. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.*

**КҮЙІНІШ-СҮЙІНІШ** зат. *Қайғы мен қуаныш, бейнет пен зейнет.*

**КҮЙІНІШСІЗ** сын. *Ренішсіз, ашу-ызасыз, қынжылыссыз.*

**КҮЙІНІШТІ** сын. *Қайғылы, қасиретті.*

**КҮЙІҢКІРЕ=** ет. *Азырақ күйіп кету.*

**КҮЙІП-ЖАН=** ет. **1.** *Әбден жанып кету, күл болу.* **2.** *Денесі қызып, ыстығы көтерілу.* **3.** ауыс. *Ынтызары ауып, құштар болу.* **4.** ауыс. *Күйіп-пісіп ашулану.*

**Күйіп-жанып бара жатқан.** *Өте асығыс, шұғыл, қауырт.*

**КҮЙІП-ЖАНУ** *Күйіп-жан етістігінің қимыл атауы; ынтызары ауып, құштар болу.*

**КҮЙІП-ПІС=** ет. *Қапа болып күйгелектену, берекесі кетіп ренжу.*

**КҮЙІП-ПІСУ** *Күйіп-піс етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЙІРКЕ** зат. жерг. *Сырластық, мұңдастық.*

**КҮЙІРКЕЛЕС=** ет. *Шүйіркелесіп әңгімелесу, сырласу.*

**КҮЙІРКЕЛЕСУ** *Күйіркелес етістігінің қимыл атауы; сырласа сөйлесу, шүйіркелесу.*

**КҮЙІС=** ет. *Бірге күю, бірге ренжісу, кейісу.*

**КҮЙІС** зат. **1.** *Жылқыдан басқа малдың жеген шөбін шығарып, қайталап шайнауы.* **2.** ауыс. *Мән-жай, жағдай.*

**Күйіс қайырды.** *Мал жеген шөбін қайта күйседі.* **Күйіс қайыру**. зоол. *Күйіс қайыратын малдарға (мүйізді ірі қара, қой, ешкі, түйе т.б. жұптұяқтылар) тән физиологиялық, күрделі рефлекторлық процесс.* **Күйіс малы.** *Жылқыдан басқа, күйіс қайыратын мал.* **Күйіс таппады.** *Тыным таппады, тыныштық көрмеді.* **Күйістен жаңылу**. вет. *Күйіс қайыратын малдардың жұмыршақ, жалбыршақ және таз қарындарының бұлшық еттері жиырылуы әлсіреуінен болатын ауру.* **Күйісінен жаңылысты [жаңылды]**. *Қателесті, бұрынғы әдетінен айырылып қалды.*

**КҮЙІСҚАЙЫРАТЫНДАР** зат. зоол. <лат. ruminantia> *Ұзын сирақты, төрт, өте сирек екі саусақты тұяғы бар сүтқоректілер, жұптұяқтылар отрядының тармағы.* **Күйісқайырғыш** сын. *Күйіс қайыратын (жылқыдан басқа мал).*

**КҮЙІСҚАЙЫРМАЙТЫНДАР** зат. зоол. *Жұптұяқтылар отрядының тармағы, терісі қалың, аяқтары қысқа сүтқоректілер.*

**КҮЙІСТЕ=** ет. *Күйіс қайыру, жем-шөбін бойына сіңіру.*

**КҮЙІСТІ** сын. *Ыңғайлы, жайлы, қолайлы.*

**КҮЙІСТІК: күйістігін алды.** *Мал жеген шөбін күйіс қайырып, бойына сіңірді.*

**КҮЙІСТІЛЕР** зат. зоол. ***Күйіс қайыратындар.***

**КҮКІРТ** зат. хим. <лат. sulfur> *Иіссіз, сарғыш түсті, тұтанғыш химиялық зат, элементтер периодтық жүйесінің алтыншы тобындағы химиялық элемент.*

**Күкірт айналымы.** хим. *Табиғатта күкірттің үздіксіз айналу құбылысы.* **Күкірт ангидриді**. хим. *Күкірттің оттекпен қосылысы; түссіз, өткір иісті газ.* **Күкірт бактериялары**. биол. *Күкірт қосылыстарын белсенді түрде тотықтыратын тион бактериялары.* **Күкірт кентастары**. геол. *Құрамынан күкірт ажыратып алынатын минералдық шикізаттар.* **Күкірт қосылыстары**. хим. *Күкірт элементі түзетін химиялық қосылыстар.* **Күкірт қышқылы.** хим. *Екі негізді күшті қышқыл, май тәрізді, түссіз минералды ауыр сұйық зат.* **Күкірт рудалары**. хим. *Құрамында сап күкірт, түрлі металдардың күкіртті қосылыстары бар минералдық шикізаттар тобы.*

**КҮКІРТКӨМІРТЕК** зат. хим. *Көміртек сульфиді.*

**КҮКІРТОРГАНИКАЛЫҚ: күкірторганикалық қосылыстар**. хим. *Молекуласында C-S байланысы бар органикалық қосылыстар.*

**КҮКІРТСУТЕК** зат. хим. *Жағымсыз иісті (шіріген жұмыртқа иістес), суда аз еритін, түссіз, жанғыш улы газ.*

**КҮКІРТСУТЕКТІ** сын. хим. *Құрамында күкіртсутегі бар, күкіртсутектен тұратын.*

**КҮКІРТСІЗ** сын. хим. *Күкірті жоқ, күкірт қоспасынсыз.*

**КҮКІРТСІЗДЕНДІР=** ет. хим. *Балқыған металл құрамынан күкіртті шығару.*

**КҮКІРТСІЗДЕНДІРГІШ** зат. хим. *Күкіртсіздендіру процесін жүзеге асырушы.*

**КҮКІРТСІЗДЕНДІРУ** хим. <лат. de – жоқ, болмау, sulphur – күкірт> *Күкіртсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**КҮКІРТСІЗДЕНУ** зат. хим. *Заттың құрамынан күкіртті бөліп шығару процесі.*

**КҮКІРТТЕЙ** сын. хим. *Күкірт тәрізді тұтанғыш, от алғыш.*

**КҮКІРТТІ** сын. хим. *Күкірт қосылған, күкірті бар.*

**Күкіртті ангидрид**. хим. *Күкіртті газ, күкірттің қостотығы, күкірттің оттекпен қосылысы.* **Күкіртті көміртек**. хим. *Күкірттің көміртекпен қосылысы; түссіз, қопарылғыш, тұтанғыш, улы сұйық.* **Күкіртті қышқыл**. хим. *Екі негізді, әлсіз қышқыл.* **Күкіртті сутек**. хим. *Күкірттің сутекпен қосылысы; сасық иісті түссіз газ.*

**КҮЛ**[1] зат. **1.** *Отын жанып біткеннен кейінгі пештегі т.б. қалдық.* **2.** хим. *Отындардың толық жануы кезінде олардың құрамындағы минералдық қоспалардан түзілетін жанбайтын қалдық.*

**Күл болды**. а) *Быт-шыты шықты, күлталқан болды.* ә) *Ештеңесі қалмай бүлінді, істен шықты.* **Күл болмаса, бүл [бұл] болсын**. *Не болса, о болсын, білгенін істесін.* **Күлге айналды**. *Күл-талқан болды, быт-шыты шықты.* **Күлге аунаған тауықтай.** *Әлем-жәлем, кір-қожалақ.* **Күлге аунаған [шөккен] түйедей [түйеше]**. *Үсті-басы шаң-шаң, ұйпалақ-ұйпалақ.* **Күлге шөккен түйедей болды.** *Омадай боп отырды.* **Күлге шөккен кәрі бура**. *Қаруы қайтқан, қуаты тайған адам.* **Күл күндес.** *Бәсекелес, бірін-бірі көре алмайтын көршілестер.* **Күл қылды [етті]**. а) *Ештеңесін қалдырмай өртеді, жағып жіберді.* ә) *Жоқ қылды, жоғалтты.* **Күлмен ұшықтады**. этн. миф. *Ауырған жеріне күлді жағып, ауруы күлмен ұшып кетсін деп ем-дом жасады.* **Күл септі**. а) *Қанды тоқтату үшін аққан жеріне күл салды.* ә) этн. *Соғымға жылқы сойғанда соғым шүйгін болсын деген ырыммен күл себіледі.* **Күл тозаңдары**. геол. *Өте*

*цсақ жанартау атындылары – жанартау шыныларымен кристалдарының сынықшалары, лава түйіршіктері және т.б.* **Күл топырақ болды**. *Талқаны шықты, ештеңесі қалмады.* **Күл түту**. тех. *Түтін газдарын ұшпа күлден тазарту процесі.* **Күл шығару**. тех. *Бу қазандарының шанақтарын қатты отынның (көмір, шымтезек, жанғыш тақта тас) жануынан бөлінетін күл мен шлактан тазарту.* **Күлі аспанға ұшты.** *Күл-талқаны шықты, аяғы көктен келді, жоқ болды.* **Күлі көкке ұшты.** *Тас-талқан болды, құрыды, жойылды.* **Күлін аспанға ұшырды.** *Тас-талқанын шығарды быт-шыт қылды, көзін құртты.* **Күлін желге ұшырды.** *Күлін көкке ұшырды, қырып-жойды.* **Күлін көкке шығарды**. *Тас-талқанын шығарды, қиратты, жойды.* **Күлін сабады.** *Үйінде отырып қарғап-сіледі, тілдеді.* **Күліңді суырармын!** *Отыңның басына ойран салармын.* **Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын [төңірегің жаншылмасын].** қарғ. *Балаң болмасын, малың болмасын деген мағынада.* **Күлі сөнді**. *Бәрі де су сепкендей басылды, қызық қалмады, көңілі құлазыды.*

**КҮЛ[2]** зат. <лат. dipterion> **1.** мед. *Балаларда кездесетін өте қауіпті, жұқпалы ауру, дифтерия.* **2.** вет. *Малда болатын аурудың түрі, малдың денесіне бөртіп шығатын жара.*

**Күл шыққан кісідей.** *Жападан жалғыз, елден бөлек, оңаша, жырақ.*

**КҮЛ[3]: қара күл.** этн. *Өте үлкен, піспегі күмістелген, әшекейлі саба.*

**КҮЛ** = ет. **1.** *Адамның дауыс шығару немесе езу тартып жымию арқылы көңіл күйінің көтеріңкі болуын, қуануын, шаттануын білдіруі.* **2.** *Әзіл-сықаққа айналдыру, мысқылдап әжуалау.* **3.** ауыс. *Өмірді қамсыз-қаракетсіз, бақытта, шаттықта, сауықта өткізу.* **4.** ауыс. *Сәуле шашып жарқырау, жарық түсу.*

**Күле кіріп, күңірене шықты.** *Өтірік көлгірсіді, екіжүзділік көрсетті, опасыздық етті, өтірік күлді.* **Күле қарады**. а) *Езу тартты, жымиды.* ә) *Мазақ етті, мысқылдады.* **Күлмей күмірем қап.** *қарғ. Біреудің орынсыз күлкісіне т.б. қатты ашуланғанда, күлкің тосылсын, күлкің көмір болсын, күлкің құрысын деген мағынадағы қарғыс сөз.*

**КҮЛӘ** [ир. کلاه] зат. көне. *Жаңбыр, күн, желден қорғану үшін киілетін жамылғы тәрізді баскиім.*

**КҮЛӘБІ** [ир. گلابی] зат. кәс. *Қабығы қатты, еті қалың, суық күзге жақын пісетін хош иісті, көк ала, қара ала түсті тәтті қауын.*

**КҮЛӘБІДЕЙ** сын. *Күләбі тәрізді, күләбі сияқты.*

**КҮЛӘЙЛӘН** зат. *Күнбағар.*

**КҮЛӘҢКЕР** зат. жерг. *Киімілгіштегі киімдерді жауып тұратын ақ мата.*

**КҮЛӘҢКӨР** зат. сөйл. ***Күләңкер.***

**КҮЛӘПАРА** [ир. کلاه بارانی] зат. **1.** этн. *Су өтпес үшін тымақтың сыртынан киетін баскиім.* **2.** *Сырт киімнің жағасына қосып тігілген баскиім, жамылғы.*

**КҮЛӘПАРАЛЫ** сын. этн. *Күләпара киген, күләпарасы бар.*

**КҮЛӘСАН** зат. жерг. *Патсайы.*

**КҮЛӘСІН** зат. жерг. кәс. *Сары ала түсті, қабығы тор-тор қауын.*

**КҮЛБАДАМ** сын. *Күрең, қызыл қоңыр.*

**КҮЛБЕТТЕН=** ет. **1.** *Сұп-сұр болу, бетінен қаны қашу.* **2.** ауыс. *Қарабет болу, жүзі төмен болу.*

**КҮЛБЕТТЕНУ** *Күлбеттен етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛБЕТТІ** сын. *Қарабет.*

**Күлбетті болу.** *Масқара болу.*

**КҮЛБІЛТЕ** зат. *Жасырын іс-әрекет. // Көмескі, бүркемелі, бүкпелі.*

**КҮЛБІЛТЕЛЕ=** ет. *Жасырып-жабу, бүркеу, күмілжу.*

**КҮЛБІЛТЕЛЕТ=** ет. *Бүркемелету, бүкпелету.*

**КҮЛБІЛТЕЛЕТУ** *Күлбілтелет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛБІЛТЕСІЗ** сын. *Бүкпесіз, құпиясыз.*

**КҮЛБІРЕ=** ет. **1.** мед. *Дененің күйген жеріне су жиналып күлдіреу, қолдырау.* **2.** *Күлтілдеп ісу, көлкілдеу.*

**КҮЛБІРЕТ=** ет. *Дененің күйген жерін суландыру; теріні қажап күлдірету, қолдырату.*

**КҮЛБІРЕУ** *Күлбіре етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛБІРЕУІК** зат. вет. *Ми құрты, паразит.*

**КҮЛГЕНСУ** *Күлгенсі етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛГЕНСІ=** ет. *Күлген болу, өтірік күлу.*

**КҮЛГЕШӨГЕР** зат. түйешар. *Біртума мен аруанаға айналған будандардың ұрғашысы мен қоспаққа шатыс айыр бураларды не ақта етілмеген жөңбай, көйін сияқты т.б. будан нар буралардың бірінен туылған ең азғын түйе.*

**Күлгешөгер бура**. түйешар. *Азғындаған нарлардың 7–8 будан ұрпағының ақта етілмеген еркегі.*

**КҮЛГІЗ=** ет. *Көңілдендіріп, езу тартқызу, күлдіру.*

**КҮЛГІН[1]** зат. өс. *Қауынның бір сорты.*

**КҮЛГІН[2]** [ир. گلگون] сын. **1.** *Ашық емес, солғын түсті.* **2.** *Буалдыр, бұлыңғыр.*

**Күлгін жіп.** поэт. *Күн күркіреп, жауын жауып басылған соң, аспан көгінде пайда болатын әдемі, түрлі-түсті кемпірқосақ бейнесі.* **Күлгін тартты**. а) *Бұлыңғырланды, күңгірт тартты.* ә) *Түсі бұзылды, өңі қашты.*

**КҮЛГІНБАС** зат. өс. *Шұбаршөптің бір түрі (сырты қожалақ-қожалақ болады).*

**КҮЛГІНДЕН=** ет. **1.** *Солғын тартып бозару.* **2.** *Қошқылданып қарауыту, күңгірттену.* **3.** ауыс. *Түсі бұзылып, өңі қашу.*

**КҮЛГІНДЕНУ** *Күлгінден етістігінің қимыл атауы; күлгін тарту.*

**КҮЛГІНДЕУ** сын. *Бозғылдау, түссіздеу.*

**Күлгіндеу тартты**. *Солғындады, күңгірттенді.*

**КҮЛГІНТАС** зат. геол. <грек. amethystos> *Күлгін немесе көкшіл күлгін түсті кварц кристалы.*

**КҮЛГІНТОПЫРАҚ** зат. геогр. *Қылқанды және қылқан жапырақты ормандар астында, қоңыржай-салқын климат жағдайында, шайылмалы жерасты ағысы қамтамасыз етілген аймақтарда кездесетін топырақ түрі.*

**КҮЛГІР[1]** сын. сөйл. ***Күлгін.***

**КҮЛГІР[2]** сын. сөйл. ***Көлгір.***

**КҮЛГІРЛЕН** = ет. сөйл. *Күле сөйлеп, көлгірсу.*

**КҮЛГІРСУ** *Күлгірсі етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛГІРСІ=** ет. сөйл. жағымсыз. ***Көлгірсі.***

**КҮЛГІРСІН=** ет. жағымсыз. *Өтірік жағына сөйлеу, жағымпаздану.*

**КҮЛГІШ** сын. *Әжуалағыш, мысқылшыл.*

**КҮЛГІШТІК** зат. *Күле бергіштік, күлегештік.*

**КҮЛДӘРІ[1]** зат. өс. *Қиярдың бір сорты.*

**КҮЛДӘРІ[2]** зат. этн. *Үлбіреген, жұмсақ жібек мата.*

**Күлдәрі белбеу**. этн. *Үлбіреген, жұмсақ, жібек матадан жасалған әйелдер белбеуі.*

**КҮЛДЕ=** ет. *Күлмен ысып тазарту, жуу.*

**КҮЛДЕЙ** сын. **1.** *Мап-майда, өте ұсақ.* **2.** *Боп-боз, күп-күу.*

**КҮЛДЕМЕШ** зат. сөйл. жерг. ***Көмеш.***

**КҮЛДЕН=** ет. *Заттың түгел жанып кетуі, күлге айналуы.*

**КҮЛДЕНУ** *Күлден етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛДЕУІШ** зат. сөйл. *Темекі күлін түсіретін, қалдығын салатын ыдыс.*

**КҮЛДІ[1]** сын. *Күлі бар, күл салынған.*

**КҮЛДІ[2]** ес. сөйл. *Күллі, бүкіл.*

**КҮЛДІБАДАМ** сын. **1.** *Анық, ашық емес, күлгін, көмескі.* **2.** ауыс. *Арзанқол, шала-шарпы, нашар.*

**КҮЛДІБАДАМДА=** ет. *Бұлыңғырлану, бозғыл тарту.*

**КҮЛДІБАДАМДАН=** ет. *Бұлыңғырлану, бозғылдану.*

**КҮЛДІБАДАМДАУ** сын. *Түсі келіспеген, ажары нашарлау, көмескілеу.*

**КҮЛДІК** зат. хим. *Заттың белгілі бір мөлшері жанғанда пайда болатын күлдің мөлшерімен өлшенетін жанғыш заттардың сипаттамасы.*

**КҮЛДІ-КӨМЕШ** зат. **1.** *Отқа, күлге пісіретін көмбе нан.* **2.** *Асығып-үсігіп пісірген жеңіл-желпі тағам.* **3.** ауыс. *Олпы-солпы, өңсіз, түссіз.* **4.** ауыс. *Арзанқол, құнсыз.*

**КҮЛДІ-КҮЙЕЛЕШ** сын. *Кір-кір, күйе-күйе.*

**КҮЛДІЛІК** зат. хим. *Күлдік, отынның жанғаннан кейін қалатын қалдық мөлшерін сипаттайтын шама.*

**КҮЛДІР=** ет. *Күлкі тудыру.*

**КҮЛДІР** елік. *Күңгірлеген, салдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күлдір етті**. *Салдыр еткен немесе салдырға ұқсас дыбыс шығарды.*

**КҮЛДІРА** зат. этн. *Шаңырақтың шеңберіне, уықтың қарына шашақтап, түйіндеп, сән үшін байлайтын, қолдан термелеп тоқыған жалпақ бау.*

**КҮЛДІРГІ** сын. **1.** *Ку тілді, әзілқой, қуақы. //Күлдіргі, әзілқой, қуақы кісі, адам.* **2.** *Күлкілі, әзілді.*

**КҮЛДІРГІЛЕУ** сын. *Күтілділеу, қуақылау.*

**КҮЛДІРГІЛІ** сын. *Күлкілі, қуақы.*

**КҮЛДІРГІШ** зат. өнер. *Әртүрлі трюк, көріністер арқылы жұртшылықты күлдіретін цирк әртісі, сайқымазақ. // Күлдіргі, қуақы, әзілқой.*

**КҮЛДІРЕ[1]=** ет. **1.** *Жарақат түскен жері суланып қолдырау, ойылу.* **2.** *Ісініп күлтілдеу, күлт-күлт ету.* **3.** *Тозығы жету, үлбіреу.*

**КҮЛДІРЕ[2]=** ет. *Салдыр-күлдір ету.*

**КҮЛДІРЕК** зат. сөйл. ***Күлдіреуік.***

**КҮЛДІРЕТ=** ет. *Жарақат түскен жерін суландыру, қолдырату, ойылту, күйдіру.*

**КҮЛДІРЕТУ** *Күлдірет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛДІРЕУІК** зат. мед. *Күйіктен, тері ауруларынан т.б. салдарынан пайда болатын теріге шығатын сулы бөрткен.*

**КҮЛДІРЕУІШ** зат. этн. *Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын-шашын іркілмеу үшін айқастыра бекітілген күмбез тәрізді ағаш.*

**КҮЛДІРЕУІШТЕЙ** сын. *Күлдіреуіш тәрізді, бүгілген, иілген.*

**Күлдіреуіштей бүгілді.** *Иілді, бүкшиді, күжірейді.*

**КҮЛДІР-КҮЛДІР**: **күлдір-күлдір кісінеді.** поэт. *Бабына келген, жараулы ат ұзақ-ұзақ ащы дауыспен кісінеді.*

**КҮЛДІРЛЕ=** ет. *Күлдірлеген дыбыс шығару, қаңғыр-күңгір ету.*

**КҮЛДІРЛЕТ=** ет. *Салдырлату, сыңғырлату.*

**КҮЛДІРМАМАЙ** зат. көне. *Аузынан оқталып, білте арқылы от алатын білтелі мылтықтың бір түрі.*

**КҮЛДІРТ=** ет. *Күлкі тудырту.*

**КҮЛДІРУ** *Күлдір етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛЕГЕЙЛЕ=** ет. сөйл. ***Көлегейлеу.***

**КҮЛЕГЕН** сын. сөйл. ***Күлегеш.***

**КҮЛЕГЕШ** сын. *Көп күлетін, күлкішіл.*

**КҮЛЕГЕШТЕ=** ет. *Орынсыз күле беру, мәз болу, ыржалақтау.*

**КҮЛЕГЕШТЕУ** сын. *Көп күлетін, күлкішілдеу.*

**Күлегештеу мінез.** *Күле беретін әдет, күлкішіл мінез.*

**КҮЛЕГЕШТІК** зат. *Күлкішілдік, күлкіқұмарлық.*

**КҮЛЕКЕШ** сын. сөйл. ***Күлегеш.***

**КҮЛЕМ[1]** зат. көне. *Қас-дұшпан, жау.*

**КҮЛЕМ[2]** зат. көне. *Көп, халық, жамағат.*

**КҮЛЕҢКІР** [ор. клеёнка] зат. жерг. *Жылтыр, су өткізбейтін материалдан жасалған дастарқан.*

**КҮЛЕШЕК** сын. *Күлегеш, күлкішіл.*
**КҮЛ-КҮБІР** зат. **1.** *Шаң-тозаң, қоқыр-соқыр.* **2.** ауыс. *Ұсақ-түйек, өсек-аяң, былық.*
**КҮЛ-КҮЛ**: **күл-күл болды**. а) *Өртеніп күлге айналды.* ә) *Быт-шыты шықты, күл-талқан етілді.* б) *Жарақаттанды, жараланды.*
**Күл-күлі шықты**. *Быт-шыт болды, күл-паршасы шықты.*
**КҮЛКІ** зат. **1.** психол. *Адамның шаттық, қуаныш күйіне байланысты шығатын үн, дыбыс; эмоциялық сезімін көрсететін қимыл (жымию, езу тарту, дыбыс шығару және т.б.).* **2.** *Әжуа, мазақ, келеке.*
**Күлкі бақты [күйледі].** *Тамашаға салынды, сауық-сайран құрды, қызық қуды, ойын-күлкінің соңына түсті.* **Күлкі болды**. *Масқара болды, ұятқа қалды.* **Күлкіге айналдырды**. *Мазақ қылды, келеке етті.* **Күлкіге айналдыру**. *Қиын жағдайда еңсесін түсірмей, өз-өзін, жұртты жігерлендіру үшін қиналса да, күлкі тудыратындай әзіл-қалжың айтып т.б. көңілді күй таныту.* **Күлкіге батырды.** *Жұртты, қасындағыларды ду күлдірді, күлкіге қарық қылдырды.* **Күлкіге [қыран күлкіге] батысты.** *Әбден мәз болысты, ішек-сілесі қатқанша күлісті.* **Күлкіге кенелтті.** а) *Әбден күлдірді, көңілдендірді.* ә) жағымсыз. *Әбден мазақ қылды, масқаралады.* **Күлкіге көмілді.** *Күлкіге батты, қарық болды, қыран-топан күлкі болды.* **Күлкіге қалды.** *Мазақ болды, келекеге айналды.* **Күлкіге қалдырды.** *Ұятқа қалдырды, мазақ етті.* **Күлкіге салынды.** *Қызық қуды, ойын-күлкінің соңына түсті.* **Күлкіге шаптырды**. *Келекеге айналдырды, мазақ қылды.* **Күлкіге шығарды.** *Мазақ қылды, келеке етті.* **Күлкі етті [қылды].** а) *Ойынға, қалжың мен әзілге айналдырды.* ә) *Мазақтады, келеке етті.* **Күлкі кеуледі**. *Күлкіге толды, күлкі көбейді.* **Күлкі қысты.** *Күлкі кернеді, күлкіге булықты.* **Күлкімен табалады**. *Ел алдында келекелеп, мазақ қылды, масқарасын шығарды.* **Күлкінің ізін жойды.** *Күліп отырған жерінен бірден түсін бұзды.* **Күлкі сияқты**. *Ыңғайсыз, біртүрлі тәрізді.* **Күлкісі көмір болды.** *Ойы іске аспады, жоққа шықты.* **Күлкісі қанды**. *Мәз-мәйрам болды, шаттанды.* **Күлкісін жимады**. *Күле берді, күлкісін тоқтата алмады.*
**КҮЛКІ-ДУМАН** зат. *Ойын-күлкі, қызық,*
**КҮЛКІЛ** зат. экспр. *Кібіртіктеген, ойын ашық айта алмай күбірлеген күй.*
**КҮЛКІЛӘПШІН** зат. өс. *Таулы жерде өсетін дәрілік өсімдік.*
**КҮЛКІЛДЕ=** ет. *Күлк-күлк ету, көлкілдеп қатты ісіну.*
**КҮЛКІЛДЕ=** ет. *Көлкілдеу, әрлі-берлі толқындана қозғалу, желбіреу.*
**КҮЛКІЛІ** сын. **1.** *Жайдары, шат көңілді.* **2.** *Күлдіргі, қызықты, тартымды.* **3.** *Ыңғайсыз, қолайсыз.*
**КҮЛКІ-МАЗАҚ** зат. *Әжуа-сықақ, келемеж.*
**КҮЛКІ-ОЙЫН** зат. *Сауық-сайран, қызық.*
**КҮЛКІРНЕ** зат. *Ұсақ шыбын.*
**КҮЛКІРПІШ** зат. құр. *Құрылыс материалы, құрамында күл қоспасы бар кірпіштің түрі.*
**КҮЛКІ-СЫҚАҚ** зат. *Әжуа, әзіл-оспақ, мысқыл.*
**КҮЛКІСІЗ** сын. **1.** *Көңілсіз, жабырқаңқы.* **2.** *Қуанышсыз, шаттықсыз.* **3.** *Әзіл-қалжыңсыз, салқынқанды, салмақты.*
**КҮЛКІШЕК** сын. *Әзілқой, қылжақбас.*
**КҮЛКІШІ** сын. *Күлдіргіш, ойын-сауықшыл.*
**КҮЛКІШІЛ** сын. *Күлкіге әуес, күлкіқұмар.*
**КҮЛКІШІЛДІК** зат. *Күлкіқұмарлық, күлегештік.*
**КҮЛ-ҚОБЫР** зат. сөйл. ***Күл-қоқыр***.
**КҮЛ-ҚОҚЫР** зат. *Күл-қоқыс, қоқсық.*
**КҮЛ-ҚОҚЫС** зат. *Қоқыр-соқыр, шаң-тозаң.*
**КҮЛЛЕРІ** зат. ескікіт. *Бас киім, қалпақ.*
**КҮЛЛИЯТ** зат. ескікіт. *Көпшілік, жұрт, қауым; күллі, барлығы.*
**КҮЛЛІ** [ар. كل] есім. **1.** *Барлық, бүкіл, тұтас, бүтін.* **2.** *Неше түрлі, алуан түрлі.*
**КҮЛМАН: күлманын ашты**. *Қылмысын, айыбын әшкереледі, әйгіледі, жария етті.*
**КҮЛМЕНЕК** зат. жерг. ***Құлпынай.***
**КҮЛМЕҢ**: **күлмең қақты.** а) *Күлім қақты, күлімдеді.* ә) жағымсыз. *Ыржия кетіп, өзінеөзі мәз болды, масаттанды.*
**КҮЛМЕТ: күлметі ашылды.** *Қылмысты ісі, айыбы әшкереленді, білініп қалды.*
**КҮЛПАРА**[1] зат. жерг. *Тері бояу үшін шөптен алынатын бояудың бір түрі.*
**КҮЛПАРА**[2]: **күлпарасын шығарды**. сөйл. ***Күлпаршасын шығарды***.
**Күлпара қылды**. сөйл. ***Күлпарша қылды***.
**КҮЛПАРАН** зат. жерг. *Иіссу.*
**КҮЛПАРША**: **күлпарша болды**. *Быт-шыты шығып сынды, қирады.*
**Күлпарша қылды**. *Быт-шытын шығарды, қиратты.* **Күлпаршасын шығарды**. а) *Быт-шыт қылды, күл-талқанын шығарды, қиратты.* ә) *Пәре-пәресін шығарды, дал-дұл етті.* **Күлпаршасы шықты.** *Быт-шыт болды, күл-талқаны шықты, парша-парша болды.*
**КҮЛПАТ** зат. ескікіт. *Қиындық, қысым.*
**КҮЛСАУЫТ** зат. *Күл салатын ыдыс.*
**КҮЛ-ТАЛҚАН**: **күл-талқан болды**. а) *Быт-шыты шықты, сынып қирады.* ә) *Быт-шыты шығып талқандалды, жеңілді.* б) *Ойы іске аспады, орындалмады.* в) *Шала бүлінді, бүлқан-талқан болып ашуланды.*
**Күл-талқан етті [қылды].** *Быт-шытын шығарып талқандады, құртты.* **Күл-талқан қып ұшырды.** *Быт-шыт қылды, күйрете соқты.* **Күл-талқанын шығарды.** *Бүлдірді, быт-шытын шығарды.* **Күл-талқаны шықты.** а) *Быт-шыт болып қирады, ештеңесі қалмады.* ә) *Тас-талқан болып жеңілді.*
**КҮЛТАРТҚЫШ** зат. жерг. ***Көсеу***.
**КҮЛТЕ**[1] зат. **1.** *Шоқталып түйілген бір буда жіп, қыл т.б.* **2.** бот. [лат. corolla] *Гүлтостағаншасының ішіне орналасқан, саны бірден бірнешеге дейін жететін түрлі түсті ашық реңді гүлсерік.*
**Күлте белбеу.** этн. *Шоқталып түйілген белбеу.* **Күлте жалды**. *Жалы күлте, күлте жалы бар.* **Күлте құйрық**. Қыл түбінен бастап қалың өскен құйрық (жал); *жылқының т.б. сәндікпен тарамдалған қалың, тығыз қыл будасы.*
**КҮЛТЕК** зат. жерг. *Бұлталақ, бұлғалақ. //Жағымпаз, жарбақ.*
**КҮЛТЕКТЕ=** ет. **1.** *Бүркемелеп, бүкпелеу.* **2.** ауыс. *Жағымпазданып жарбақтау.*
**КҮЛТЕКТЕТ=** ет. *Бүркемелету, бүкпелету.*
**КҮЛТЕКТЕУ** *Күлтекте етістігінің қимыл атауы; бүркемелеу, бүкпелеу.*
**КҮЛТЕҚҰЙРЫҚ** зат. өс. *Бойы биік, көпжылдық өсімдік.*
**КҮЛТЕЛЕ=** ет. **1.** *Жібек пен қыл тәрізді заттарды тегістеп шоқтау, біркелкі етіп кесу.* **2.** ауыс. *Киіндіру, жасандыру.* **3.** ауыс. *Бұлтарып бүкпелеу, кібіртіктеп бөгелу.*
**КҮЛТЕЛЕН**[1]**=** ет. **1.** *Біркелкі шоқтану.* **2.** *Шашақтану, бүршік жару.*
**Күлтеленген жібектей**. *Сүйкімді, толқын шашақтай.*
**КҮЛТЕЛЕН**[2]**=** ет. *Күлт-күлт ету, ісіну, қолдырау.*
**КҮЛТЕЛЕНДІР=** ет. **1.** *Тегістеліп шоқталу, біркелкі етіп кесілу.* **2.** ауыс. *Түрлену, сәндену.*
**КҮЛТЕЛІ** сын. **1.** *Күлтеленген, күлтесі бар. // Күлтеленген түр.* **2.** *Біркелкі етіп кесілген, желбіреген.*
**Күлтелі көйлек.** этн. *Желбіретіп салған қос етекті көйлек.*
**КҮЛТЕМЕ-СҮЛТЕМЕСІЗ** сын. сөйл. жерг. *Салған жерден, бірден.*
**КҮЛТЕҢДЕ=** ет. *Кібіртіктеп кідіру, бөгелу.*
**КҮЛТЕСІЗДЕР** зат. бот. *Желмен анемофильді тозаңданатын, гүлдерінде күлте жапырақшалары болмайтын өсімдіктер.*
**КҮЛТЕШЕК** зат. сөйл. жерг. ***Күлте***.
**КҮЛТ-КҮЛТ** елік. *Көлкілдеп ісінген түрпатты бейнелейтін сөз.*
**Күлт-күлт етті.** *Күлтілдеп ісіді, көлкілдеді.*
**КҮЛТӨБЕ** зат. этн. *Ортағасырлық бекініс орындары.*
**Күлтөбенің басында күнде кеңес**. *Жиі-жиі болған жиын туралы айтылады [Қазақ аңыз-әңгімесінде: «Тәуке хан қазақтың басын жиып, Күлтөбенің басында кеңес құрып, атақты «Жеті жарғысын» тізген екен деген аңыз бар. Бұл фраза бертін келе жалпылық мәнге ие болды].*
**КҮЛТПАЙ** зат. жерг. *Тышқан індерінің аузына шығарылып тасталған бос топырақ.*
**КҮЛТҰТҚЫШ** зат. тех. *Түтін газдарын ұшпа күлден тазартқыш құрылғы.*
**КҮЛТІ=** ет. жерг. *Қолдың терісі суланып қолдырау, күлдіреу.*
**КҮЛТІЛ** зат. жерг. *Табансыздық, бұлталақтық.*
**КҮЛТІЛДЕ=** ет. *Күлт-күлт етіп ісіну.*
**КҮЛТІЛДЕК** сын. *Күлт-күлт еткен, күлтілдеген.*
**КҮЛТІЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Күлтілдей түсу, ісіңкіреу.*
**КҮЛТІЛДЕТ=** ет. *Бүкпелету, жасыру.*
**КҮЛУ** *Күл етістігінің қимыл атауы.*
**КҮЛШАШАР** зат. этн. *Перзент, бала.*
**КҮЛШЕ**[1] зат. **1.** этн. *Қоламтаға көміп пісіретін, дөңгелекше нан.* **2.** жерг. *Шелпек.*
**Күлше нан.** ***Күлше***. **Күлшесіне күл тартты.** *Өзі жақын көретін нәрсеге бүйрегі бұрды.*
**КҮЛШЕ**[2] зат. кәс. қолөнер. *Мәсінің артына салатын өкше сірісі ретіндегі өрнекті былғары.*
**КҮЛШЕДЕЙ** сын. *Көтеріліп ісіп, қабарған, күлше тәрізді.*
**КҮЛШЕЛЕП** үст. *Бөліп-бөліп, бөлшектеп.*
**КҮЛШЕЛІ** сын. *Күлшесі бар.*
**КҮЛШЕЛІК** сын. *Бір күлшеге жетерлік.*
**КҮЛШЕТАЙ** зат. этн. *Кішкене күлше, тоқаш.*
**КҮЛШЕШЕК** зат. малшар. *Малда болатын жұқпалы кесел.*
**КҮЛ-ШЫПЫР** сын. жерг. *Едел-жедел, үйелмелі-сүйелмелі.*
**КҮЛШІК** зат. *Темекінің күлін салатын ыдыс.*
**КҮЛШІН** зат. қолөнер. *Өкше сірісінің орнына салынған жылтыр былғары.*
**КҮЛІК** зат. **1.** *Сәйгүлік, саңлақ, жүйрік ат.* **2.** ауыс. *Әйгілі, атақты. // Сән, салтанат.*
**КҮЛІМ**: **күлім бел.** бейн. *Сағым ойнаған асу, бел.*
**Күлім көз.** *Күлкі табы біліну тұратын сүйкімді, сұлу көз.* **Күлім қақты.** а) *Жайдарылана жымыңдады, күлімсіреді.* ә) *Құпырып жайнай түсті, жарқырады.*
**КҮЛІМДЕ=** ет. **1.** *Жымия қарап күлімсіреу, жымыңдау.* **2.** *Жайнап-жарқырау, құпыру.*
**Күлімдеп кіріп, сырыңды алды**. *Өзіне сендіріп алып, құпияларын біліп алып, алдап кетті.*
**КҮЛІМДЕС=** ет. *Бір-бірімен жылы шыраймен жүздесу.*
**КҮЛІМДЕТ=** ет. *Жымия қарату, жымыңдату.*
**КҮЛІМДЕУ** *Күлімде етістігінің қимыл атауы; жылы шыраймен жымию.*
**КҮЛІМ-КҮЛІМ**: **күлім-күлім етті**. *Күлім қақты, жымыңдады, қуанды.*
**КҮЛІМПАЗ** сын. *Күлегеш, күлкішіл.*
**КҮЛІМСІ** сын. *Жағымсыз сасық иіс.*
**Күлімсі иіс**. *Қолқаға ұрар қолаңса, жағымсыз иіс.*
**КҮЛІМСІЛЕУ** сын. *Сасықтау, күлімсі тартқандау.*
**КҮЛІМСІРЕ=** ет. *Езу тартып сәл күлімдеу, ақырын күлім қағу.*
**КҮЛІМСІРЕТ: көзін күлімсіретті.** *Сәл езу тартып, күлім қақты.*
**КҮЛІМСІРЕУ** *Күлімсіре етістігінің қимыл атауы.*
**КҮЛІҢ-КҮЛІҢ** елік. *Күлім қаққан, қайта-қайта күлімдеген қимылды бейнелейтін сөз.*
**Күлің-күлің етті.** *Күлім қақты, күлімдеді.*
**КҮЛІҢКІРЕ=** ет. *Аздап күлу, езу тарту.*
**КҮЛІП-ОЙНА=** ет. *Әзіл-қалжың айту, күлісу; сауық-сайран кешу.*
**КҮЛІС** зат. *Үш карталы карта ойыны.*

**КҮЛІС=** ет. *Бірігіп күлу, бірге немесе бір-біріне қарап күлу.*

**КҮЛІСТІК** зат. жерг. *Күлкі, әжуа, келеке.* **Күлістік ату**. жерг. *Кемсіну, күлу, мазақтау.*

**КҮЛІСУ** *Күліс етістігінің қимыл атауы.*

**КҮЛІСІП-СЫҢҚЫЛДАС=** ет. *Күліп-ойнасу, әзіл-қалжың айтысу.*

**КҮЛІШ: күліш етек.** *Етегі кең, төмен жағы жалпақ етек.*

**КҮМӘЖНІК** [ор. бумажник] зат. сөйл. *Ұсақ-түйек қағаздар мен ақша салып жүретін, былғарыдан істелген қалта, бұйым.*

**КҮМӘН** [ир. گمان] зат. *Сенбеуден туған сезікті ой, шүбә, күдік.*

**Күмән болды**. *Сезік тудырды, дұрыс-бұрыстығы шүбәлі, негайбыл деген ой тудырды.* **Күмәнға салды**. *Күмән тудырды, сенімсіз деп пікір қалыптастырды.* **Күмән жоқ**. *Күмәнсіз, анық, айқын.* **Күмән келтірді**. *Сезіктенді, күдіктенді.* **Күмән келтіру**. *Сенбеу, иланбау, нанбау.* **Күмән кесті.** *Күмән келтірді.* **Күмәнмен қарады**. *Сенбестікпен қарады, күдіктенді, шүбәланды.* **Күмәні жоқ**. а) *Даусыз, сөзсіз, еш шүбәсіз.* ә) *Сөз жоқ, дау жоқ, талас жоқ.* б) *Күдік, секем, шүбә жоқ.* **Күмәні қалмады**. *Күдігі сейілді, секемі тарқады.*

**КҮМӘНДАН=** ет. **1.** *Шүбә келтіру, күдіктену.* **2.** *Сенімсіздік білдіру, өзіне сенімді болмау.*

**КҮМӘНДАНУ** *Күмәндан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күдіктену, сенбеу.* **2.** псих. *Әлдебір қағидаларға немесе пікірлер жүйесіне сезіктене қарап, сенімсіздік білдіру, күдіктену.*

**КҮМӘНДАУ** сын. *Екіұштылау, күдіктілеу.*

**КҮМӘНДІ**[1] сын. **1.** *Дерегі, дәлелі аз, сенімсіз.* **2.** *Даулы, біржақты емес, толық, дұрыс емес.* **3.** *Күдікті, шүбәлі.*

**Күмәнді борыштар**. экон. *Кәсіпорындардың шарттарында белгіленген мерзімде өтелмеген және тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген дебиторлық берешегі.* **Күмәнді күндер атқарды**. *Аман қалу, қалмауы екіталай қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерді.* **Күмәнді несие**. экон. *Мерзімінің өту ұзақтығы 60 күннен 90 күнге дейін жеткен несие.* **Күмәнді талаптар**. экон. *Өнімді өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету нәтижесінде туындаған және табыс алынған сәттен бастап, екі жыл бойына қанағаттандырылмаған (салық салу мақсатында) талаптар немесе үмітсіз борыштар.*

**КҮМӘНДІ**[2] сын. жерг. *Аяғы ауыр, екіқабат.*

**КҮМӘНДІЛЕУ** сын. *Күдіктілеу, шүбәлілеу, сезіктілеу.*

**КҮМӘН-КҮДІК** зат. *Екіұшты ой тудыратын күй, сенімсіздік.*

**КҮМӘН-КҮДІКСІЗ** сын. *Шүбәсіз, сеніммен, таза көңілмен.*

**КҮМӘНСІЗ** сын. *Даусыз, шүбәсіз, айдан анық.*

**КҮМӘНШІЛ** сын. *Күдіктене қарайтын, секемшіл.*

**КҮМӘНШІЛДІК** зат. *Күмән келтіргіштік, сенімсіздік.*

**КҮМБЕЗ** [ир. گنبد] зат. **1.** *Мешіт, сарай т.б. құрылыстардың сәнді өрнектермен әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі.* **2.** құр. *Жалпы жобасы шеңберленіп келген (кейде көп қырлы, эллипске ұқсас т.б.) ғимараттар мен құрылыстардың төбесін жабуда қолданылатын құрылымдық бөліктің бір түрі.* **3.** ауыс. *Бас киімнің төбесі.*

**Күмбез тәрізді жанартау**. геол. *Экструзиялық жаралым, биіктігі 700-800 м, беткейлері қия жанартау түрі.*

**КҮМБЕЗДЕ=** ет. *Күмбез тәрізді етіп салу, төбесін шеңберлеп сәндеу.*

**КҮМБЕЗДЕЙ** сын. *Күмбез сияқты, күмбез тәрізді.*

**КҮМБЕЗДЕЛ=** ет. *Төбесі күмбезбен жабылу, шеңберленіп, дөңгелектеніп түру.*

**КҮМБЕЗДЕН=** ет. **1.** *Төбесі дөңгелектеніп жасалу.* **2.** *Күмбезі алыстан ерекшеленіп көріну.*

**КҮМБЕЗДЕТ=** ет. *Айналдыра дөңгелектету, шеңберлеп төбесін шығару.*

**КҮМБЕЗДЕУ** *Күмбезде етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМБЕЗДІ** сын. *Күмбезі бар, күмбезбен өрнектелген.*

**Күмбезді найза.** этн. *Ұшы мен ұңғысының арасында дөңгеленіп, дөңестеніп келген бөлшегі бар найза түрі.*

**КҮМБЕЗҚАЛЫП** зат. қолөнер. *Күмбез тәрізді әшекей жасайтын зергерлік қалып.*

**КҮМБЕЗШЕ** үст. *Күмбез тәрізді, күмбезге ұқсас.*

**КҮМБЕЛ: күмбел сарышатыр.** өс. <лат. hieracim kumbelicum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, сарышатырдың Қазақстанда өсетін, сирек кездесетін түрі.*

**КҮМБІР** сын. *Домбыра үніне ұқсас қоңыр дыбысты білдіретін сөз.* //*Домбыра үніне ұқсас дауыс.*

**КҮМБІР-ДҮМБІР** елік. *Кейде бәсең, кейде көтеріңкі, күрделі қоңыр дауысты білдіретін сөз.*

**Күмбір-дүмбір етті.** *Күмбірлеп үн шығарды.*

**КҮМБІРЕ=** ет. сөйл. ***Күмбірле.***

**КҮМБІРЕТ=** ет. сөйл. ***Күмбірлет.***

**КҮМБІР-КҮМБІР** елік. *Бірқалыпты күңгір-күңгір еткен, шерткен домбыраның қоңыр үнін білдіретін сөз.*

**Күмбір-күмбір еткен дала.** поэт. *Шексіз, шетсіз, жазық сағым ойнаған дала, қоңыр белдер.*

**КҮМБІРЛЕ=** ет. **1.** *Домбыраның жай қоңыр үн шығаруы, күмбір-күмбір етуі.* **2.** ауыс. *Шабыттану, әсерлену.*

**КҮМБІРЛЕК** сын. *Күмбір-күмбір еткіш, күмбірлегіш.*

**КҮМБІРЛЕН=** ет. *Күмбірлеген дыбыс шығару.*

**КҮМБІРЛЕП-САМБЫРЛА=** ет. *Даурығу, дабырлау.*

**КҮМБІРЛЕТ=** ет. *Домбыра тартқанда әсем, қоңыр үн шығарту.*

**КҮМБІРЛЕТУ** *Күмбірлет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМБІРЛЕУ** *Күмбірле етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМБІРЛІ** сын. *Күмбір-күмбір еткен, күмбірлеген.*

**КҮМБІР-САМБЫР** елік. *Салдыр-гүлдір етіп күмбірлеген дыбысты білдіретін сөз.*

**КҮМП** елік. *Ауыр зат, дене суға сүңгіп түскенде шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**КҮМП** елік. *Терең суға бірден, тез батып кеткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз*

**Күмп берді**. а) *Тереңге батып, көрінбей кетті, қойып кетті.* ә) *Ойланбай тәуекел етті.* б) *Қарық болып кенелді, байлыққа батты.*

**КҮМПЕЙ: күмпей шапан.** зат. қолөнер. *Түйе жүнін қалыңдап етіп салып сырып тіккен, сыру аралықтары күмпиіп тұратын шапан.*

**КҮМПЕҢ** елік. *Қоңпаңдаған, құнжыңдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Күмпең қақты**. *Құнжыңдады, қомпаңдады.*

**КҮМПИ=** ет. **1.** *Дүрдиіп ісіну, қабыну.* **2.** ауыс. *Өз-өзінен ісіп-кебу, кісімсу.*

**КҮМПИТ=** ет. *Күржиту, қомпиту, қожыпайту.*

**КҮМПИЮ** *Күмпи етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМПИІҢКІРЕ** сын. *Көзге үлкенірек көрініп, күмпие түсу, күржиіңкіреу.*

**КҮМП-КҮМП** елік. *Іркіт, қымыз сияқты сұйық заттарды піскенде шығатын дыбысқа ұқсас бірнеше рет қайталанған дыбысты білдіретін сөз.*

**Күмп-күмп берді**. *Бірден суға қойып-қойып кетті.* **Күмп-күмп етті**. *Өрекпи сөйледі, бөсті.* **Күмп-күмп түсті.** *Қардан жүре алмай малтықты, омбылап батып кетті.*

**КҮМПІЛ** зат. *Күмп етіп естілген қатты дыбыс; гүрсіл.*

**Күмпіл қақтырды**. *Күмп-күмп етті, күмпілдетті.*

**КҮМПІЛДЕ=** ет. **1.** *Күмп-күмп еткен дыбыс шығару, күмп-күмп ету.* **2.** ауыс. *Мақтанып бөсу, масаттану.*

**КҮМПІЛДЕК** сын. *Алыпқашпа мақтаншақ, бөспе.*

**КҮМПІЛДЕС=** ет. *Күмпілдеп сөйлесу, күбірлесу.*

**КҮМПІЛДЕТ=** ет. *Күмп-күмп еткізу.*

**КҮМІЛЖІ =** ет. *Нақтылы ойын анық айтпай қипақтау, кібіртіктеп сөйлеу.*

**КҮМІЛЖІМ** сын. сөйл. ***Күмілжіңкі.***

**КҮМІЛЖІҢДЕУ** сын. *Көмескілеу.*

**КҮМІЛЖІҢКІ** сын. *Көмескі, кібіртік.*

**КҮМІЛЖІҢКІРЕ =** ет. *Іркіліңкіреу, бөгеліңкіреу.*

**КҮМІЛЖІТ=** ет. *Кібіртіктету, бөгеліңкірету.*

**КҮМІРЕМ** зат. жерг. *Уайым, қайғы.*

**КҮМІС** зат. хим. <лат. argentum> *Сапа жағынан құнды ақ түсті қымбат металл, химиялық элемент.* // *Күмістен жасалған.* // бейн. *Мөлдір, тұнық, жарқыраған, көзге шағылысқан жалтыр.* // бейн. *Ақ шалған, ағарған.*

**Күміс ақша [теңге].** *Күмістен жасалған ұсақ, майда тиын.* **Күміс алқа**. *Күмістен сіркелеп, көз орнатып, әртүрлі салпыншақ (қоза, түймешік) тағып, көбінесе екі қатар етіп соққан алқа, өңіржиек.* **Күміс бромиді**. хим. *Бромды күміс, күмістің броммен қосылысы; сары түсті кристалды зат.* **Күміс бұлақ.** поэт. *Мөлдір, таза, ағынды бұлақ.* **Күміс білезік.** қолөнер. *Күмістен жасалған білезік.* **Күміс жалату.** зерг. тех. *Бұйымдарының бетін тот баспаудан, сәуле шағылысатын етіп және электрлік өткізгіштігін арттыру, оларға әсемдік беру мақсатында жұқа күміс қабатымен қаптауға негізделген технологиялық процесс.* **Күміс жүген.** қолөнер. *Күміс шытыралармен әшекейленген жүген.* **Күміс жүлдегер**. спорт. *Спорт жарыстарынан екінші орын алған спортшы.* **Күміс жүзік.** зерг. *Бетіне қондырылған асыл тастан басқа жері тұтас күмістен соғылған жүзік.* **Күміс жіп.** *Күміс талшығы; күміс сымы; зер.* **Күміс иодиді.** хим. *Иодты күміс, күмістің иодпен қосылысы, ақшыл сары түсті кристалл.* **Күміс кемер белбеу.** этн. *Күміс белдік, күмістен соғылған не өңкей күміс шытыралармен әшекейленген белбеу.* **Күміс көмей.** *Асқан шебер әнші.* **Күміс көмей, жез таңдай.** бейн. *Әнші, таңдай қақтыратын табиғи дауысы бар.* **Күміс көмейлі.** *Сыңғырлаған дауысты.* **Күміс күлкі**. *Құлаққа жағымды, ақжарқын сыңғырлаған күлкі.* **Күміс қанатты**. *Қанаты тегіс, жылтыр, ақ.* **Күміс медаль**. а) совет. пед. *Кеңестік білім беруде онжылдық мектепті екі «4» бағасымен үздік бітіргені үшін берілетін күміс қосып жасалған медаль.* ә) *Күміс металдан жасалған төске тағатын марапат, төсбелгі.* б) спорт. *Екінші орын алған спортшыға берілетін марапат.* **Күміс нитраты.** хим. *Айнаны күмістеуде, фотоэмульсия өндірісінде, бактерицидтік зат және талдаулық химияда реагент ретінде қолданылатын зат.* **Күміспен күптеді.** этн. *Қақталған жұқа күміспен қаптады, күмісті түгел жапты.* **Күміс теңге.** *Күмістен жасалған ақша.* **Күміс той.** *Ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне 25 жыл толуына арналып өткізілетін той.* **Күміс хлориді.** хим. *Хлорлы күміс, күмістің хлормен қосылысы, ақ түсті кристалды зат.* **Күміс шабу.** зерг. *Темірге күміс қақтау, ағаш, мүйіз, сүйекті күмістеу.*

**КҮМІСАЛУ** зат. ойын. этн. *Орамалға түйілген күмісті шауып келе жатып аттың үстінен жерден іліп әкетіп ойнайтын ұлттық спорт түрі.*

**КҮМІСТЕ=** ет. *Күміспен әшекейлеу, әсемдеу.*

**КҮМІСТЕЙ**[1] сын. **1.** *Күміс сияқты; келісті.* **2.** *Сыңғырлаған, сыңғыр-сыңғыр еткен.* **3.** *Аппақ, жылтыр.*

**Күмістей жарқырайды.** *Күнмен шағылысады, көз ұялтады.*

**КҮМІСТЕЙ**[2] үст. *Күміс ақшалай.*

**КҮМІСТЕЛ=** ет. *Күміспен әшекейлену, күміспен күптелу.*

**КҮМІСТЕЛУ** *Күмістел етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМІСТЕН**[1] **=** ет. *Күміспен безендірілу, әшекейлену.*

**КҮМІСТЕН**[2]= ет. **1.** *Күміс сияқтану, жалтырау.* **2.** *Ағару.*

**КҮМІСТЕНДІРІЛ**= ет. *Күміспен қапталу, күміспен өрнектелу.*

**КҮМІСТЕТ**= ет. *Күміспен күптету; күміспен зерлету, күмістеп тіктіру.*

**КҮМІСТЕТУ** *Күмістет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМІСТЕУ** *Күмісте етістігінің қимыл атауы.*

**КҮМІСТІ** сын. *Күміспен қапталған, күмістелген.*

**КҮМІСШЕ** үст. *Күміс тәрізді, күміске ұқсап.*

**КҮН**[1] зат. **1.** астр <грек. helios> *Әлемге жарық, қызу беретін, күн жүйесінің орталық денесі, Жерге ең жақын жұлдыз.* **2.** *Жаз кездерінде шақырайып, көз қарықтырып қаратпайтын күн табағы.* **3.** ауыс. *Күн сәулесі тіке түсетін ашық жер; күншуақ.*

**Күн активтілігі**. астр. *Күн бетіндегі тұрақсыз (стационар емес) құбылыстардың жиынтығы: күн дақтары, оталу, жалын шудалары, талшықтар мен протуберанцтер, тәждің ұйытқу орындары т.б.* **Күн арқан бойы көтерілді**. этн. *Күннің сәскеде жақындаған сәтін, шағын білдіретін халықтық өлшем.* **Күн асты.** *Күн жақ, көкжиек.* **Күн байыды.** эвфем. *Күн ұясына кірді, күн батты.* **Күн бата.** *Күн батып бара жатқан кезде.* **Күн батареясы**. физ. *Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі.* **Күн батқанша**. *Кешке дейін, күні бойы.* **Күн батты.** *Күн ұясына кірді, күн байыды.* **Күнге күйіп-пісті.** *Асып-тасты, дандайсыды.* **Күнге күю.** *Күн сәулесінің әсерінен меланин пигменті көбеюінен терінің қоңыр түске боялуы.* **Күнге қақтау**. *Күннің көзіне ұзақ уақыт қойып, кептіру.* **Күн дақтары.** астр. *Жерден телескоппен қарағандағы күн табағының бетіндегі әртүрлі дақтар.* **Күн дауылы**. астр. *Күн бетіндегі дақтар, т.б. сияқты тұрақсыз құбылыстар.* **Күнді етегімен жапты**. *Шындықты жасырды, бүркемеледі.* **Күн екіндіге таяды**. *Кеш боп қалды, күн батуға жақындады.* **Күн елі.** *Шығыс елдері.* **Күн еңкейді**. *Күн кеш болуға айналды, ымырт үйірілді.* **Күн жалады.** *Ыстық, аптап ұрды, күйді.* **Күн жеді.** *Күн күйдіріп, киімнің т.б. түсі оңды.* **Күн желі**. астр. *Күннен үздіксіз шығатын квазибейтарап плазма ағыны.* **Күн жоқта**. *Түнде, қараңғыда.* **Күн жүйесі.** астр. *Күннен, оны айнала қозғалатын үлкен ғаламшарлардан, ғаламшар серіктерінен, мыңдаған кіші ғаламшардан (астероидтардан), шамамен $10^{11}$ кометадан және толып жатқан метеорлық денелерден құралған ғарыштық денелер жүйесі.* **Күн жылт етті.** *Күннің көзі көрініп, нұр шашты.* **Күн зауал ауды**. жерг. *Күн жартысынан ауды.* **Күн кетті**. жерг. *Күн ұясына батты, кеш түсті.* **Күн кешкірді.** *Күн батуға таянды, кеш болды.* **Күн көк өгізден түсіп, көк жорғаға мінді.** *Жазғы уақыт тез өте шықты.* **Күн көтерілді.** *Күн ұясынан шықты.* **Күн күйді.** а) *Күн барынша ысыды, шыжыды.* ә) сөйл. *Күн тұтылды.* **Күн күңгірт.** *Күн бұлтты.* **Күн қақтады.** *Күн күйдірді, күннің табы өтті.* **Күн қақты.** *Күн өтті, күнге күйді, тотықты.* **Күн қарыды.** *Аптап ыстық күйдірді.* **Күн қиямға барды.** *Кеш болуға айналды, күн ұясына қонды.* **Күн қия**. жерг. *Кешке жақын, күн батарда, кеш түсе.* **Күн құлады.** *Түс қайтып, кеш болды.* **Күн құлақтанды.** *Күннің айналасы отауланды, қызыл күрең түске бөленіп, мұнарланып тұрды.* **Күн қыза**. *Күн арқан бойы көтеріле, сәскеде, күн ысыған кезде.* **Күн қызметі**. *Күнді жүйелі бақылау қызметі.* **Күн магниттілігі**. физ. *Күн плазмасының қозғалысын реттейтін, күндегі жарқылдың, протуберанцтардың т.б. тууына себепші болатын Күн бетіндегі магниттік өріс.* **Күнмен бірге тұрды.** *Ерте оянды.* **Күн мен түннің теңелуі**. астр. *Күннің көзге көрінерлік жылдық қозғалысында эклиптика бойымен жылжып келе жатқан Күн табағы центрінің аспан экваторынан өтетін кезі.* **Күн мен түн тарабы тең күн**. поэт. *Төрт құбыласы түгел, қуанышты, бақытты шақ.* **Күн найза бойы көтерілді**. этн. *Күннің маңдай тұстан жоғарғы көтерілген шағын білдіретін халықтың өлшем.* **Күн нұрына шомылды.** поэт. *Күн көзіне тұрды, күн сәулесінен рақаттанды.* **Күннен қыз тудырды [айдан ұл тудырды].** миф. *Аңыз бойынша күннен қызды жаратты деген мағынада.* **Күннің көзі.** *Күннің сәулесі, нұры.* **Күннің көзіне жайды.** *Күн сәулесі тіке түсіп тұрған, көлеңке емес жерге қойып кептірді.* **Күннің табы.** *Күннің қызуы.* **Күннің хромосферасы.** астр. *Күн атмосферасының қызғылт-сары түсті бір қабаты.* **Күн өтті.** а) *Күннің қызуы өтті, күн аптабы күйдірді.* ә) *Басынан күн қызуы өткеннен, ыстығы көтеріліп, лоқсиды, басы айналып, құсып, әлсіреді.* б) *Қартайды, жасы жетті.* в) *Уақыт босқа өтті.* **Күн өту.** мед. *Ашық күннің ыстығында ұзақ жүргендіктен немесе ұйықтап қалғандықтан, адамның басы айналып, қызуы көтерілуі, лоқсып құсуы, әлі кетуі.* **Күн пеші.** тех. *Күн энергиясы арқылы алынатын жылытқы пеш, құрал.* **Күн радиациясы.** физ. *Күннің электрмагниттік және корпускулалық сәуле шығаруы.* **Күн сағаты.** тех. *Көлеңке түсіретін сырықтан және циферблаттан тұратын Күн арқылы уақытты анықтайтын құрал.* **Күн сақинасы.** тех. *Өзіне сәйкес келетін биіктіктер методы бойынша Күнді бақылау арқылы сағатқа түзету енгізетін қарапайым құрылғы.* **Күн сала қарады.** жерг. *Көзді қолмен көлегейлеп қарады.* **Күн сәулесі.** физ. *Күннен бөлінген жарық, қызу толқыны.* **Күн системасы.** ***Күн жүйесі.*** **Күн сүйіп, жел үрді.** бейн. *Ыстыққа күйді, аңызаққа тотықты.* **Күн табағы.** астр. *Телескоппен қараған жердегі бақылаушыға көрінетін Күннің шары, аумағы.* **Күн тәжі.** астр. *Күн толық тұтылған кезде Күнді айнала құлақтанып қоршаған біркелкі сәуле, жарқыл.* **Күн термоэлектр генераторы**. тех. *Күн сәулесінің әсерінен қызатын және жылуды электр энергиясына түрлендіретін термоэлементтер жинағы түріндегі құрылғы.* **Күн тиді.** *Ашық күн сәулесінің астында көп жүріп қалғандықтан, басы ауырып, жүрегі айнып, қызуы көтерілді, күн өтті.* **Күн тимеген, жел тимеген.** *Нәзік, аяулы, ардақты.* **Күн тоқырау**. астр. *Күннің көзге көрінерлік жылдық қозғалысында Күн табағы центрінің эклиптиканың дәл солтүстік нүктесінен немесе дәл оңтүстік нүктесінен өтетін кезі.* **Күн толық тұтылды.** *Ай Күннің көзін тұтас көлегейледі.* **Күн төбеден ауды [кетті].** *Түс ауды, күннің райы қайтты.* **Күн тұрақтысы**. физ. *Күн атмосферасынан тыс, Күн сәулесіне перпендикуляр бірлік ауданнан бірлік уақыт ішінде өтетін Күннің сәуле шығару ағыны.* **Күн тұсау бойы көтерілді**. этн. *Күннің ұясынан жаңадан көтерілген шағын білдіретін халықтық өлшем.* **Күн тұтылды.** *Ай Күннің көзін көлегейледі, күн қарауытты.* **Күн тұтылу.** астр. *Айдың Күн мен Жердің аралығына кез болып, Күннің көзін көлегейлеуі.* **Күн ұясына кірді.** бейн. *Күн табағы көкжиектен көрінбей кетті, күн батты.* **Күн фотосферасы.** астр. *Күннің көрінерлік жарық бетін құрайтын Күн атмосферасының төменгі қабаты.* **Күн шақты.** жерг. *Күннің қызуы өтті.* **Күн шалды.** *Күнге күйіп, тотықты.* **Күн шуағымен емделді.** *Күн сәулесінің көмегімен ауруын емдеді.* **Күн шуағымен емделу**. мед. <грек. helios – күн, therapeia – емдеу> *Күн сәулесін аурудың алдын алу, ағзаны шынықтыру және емдеу үшін пайдалану.* **Күн шұғыласы.** *Күннің сәулесі, қызуы.* **Күн шыға**. *Күн ұясына көтерілгенде, айнала жарық болған кезде.* **Күн шыжыды.** *Күн қатты ысыды.* **Күн шыққаннан батқанша**. *Ертеден кешке дейін, күні бойы.* **Күн шықпайын десе де, таң қоймайды**. *Болуға тиіс нәрсе еріксіз болады.* **Күн шықты.** *Күн ұясынан көтерілді.* **Күн электр стансысы**. физ. *Гелиоэлектрлік стансы – электр энергиясын өндіру үшін Күн радиациясын пайдаланатын электр стансысы.*

**КҮН**[2] зат. **1.** *Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт; күндіз.* **2.** терм. *Күннің жоғарғы жиегінің шығуы мен батуы аралығындағы күн тәулігінің жарық болатын бөлігі.* **3.** *24 сағатқа тең уақыт, тәулік.* **4.** *Белгілі бір оқиғаға атап өтілетін күнтізбелік уақыт.* **5.** сөйл. *Күн райы, бір күндегі табиғат құбылысы.* **6.** сөйл. *Аптаның жеті күнінің бірі.* **7.** ауыс. *Уақыт, мезгіл, кез, дәуір.* **8.** ауыс. *Өмір, тіршілік.* **9.** ауыс. *Жай, қалып, күй, хал.*

**Күн айықты.** *Күн райы жақсарды, күн ашылды.* **Күн алды**. *Жұмыстан, әкімшіліктен рұқсат сұрап, демалыс алды.* **Күн аралатып.** *Араға бір күн салып, күнара.* **Күн артынан күн жылжыды.** *Уақыт білдірмей өте берді.* **Күн артынан күн өтті.** *Көп уақыт, талай мезгіл өтті.* **Күн асқан сайын**. *Күн өткен сайын, уақыт өте келе.* **Күн аттары**. *Аптадағы күндердің тарихи қалыптасқан атаулары (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі).* **Күн ашық.** *Күн райы жақсы, жауын-шашын жоқ.* **Күн ашылды.** *Жауын-шашын толастап, бұлт сейілді, аспан тазарды.* **Күн баласы.** *Күн, күні бойы.* **Күн бар ма?** *Күні жоқ, күні болмады.* **Күн батқызды.** а) *Бір күнді өткізді, кешті батырды.* ә) *Қажыды, үміті сөнді, сәтсіздікке ұшырады.* **Күн батырды.** *Күн өткізді.* **Күн бермеді [берер емес].** *Қысым жасады, күн көрсетпеді.* **Күн болса.** *Ондай мезгіл бола қалса.* **Күн бүгінгі, жыл биылғы емес.** *Өмір, заман тұрақсыз, айнымалы, өзгергіш, ауыспалы.* **Күн бойы.** *Кешке дейін, ұзақ күн.* **Күн болды.** *Бір кездер, бір уақыттар болды деген мағынада.* **Күн бұзылды.** *Күн райы бұзылып, жауын-шашын болды.* **Күн бір жауса, терек екі жауды.** *Соры қалыңдады, қайғысы артты.* **Күн демей, түн демей.** *Күні-түні, дамылсыз, тоқтаусыз.* **Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер**. *Уақыт, мезгіл, жастық – бәрі де мәңгі емес деген мағынада.* **Күндерде бір күн.** фольк. *Бір кезде, бір күні.* **Күндердің күні болғанда**. фольк. *Бір күні, бір кезде.* **Күндердің күнінде.** *Түбінде, сын сағатта, толғағы жеткенде.* **Күндердің күні үшін**. *Болашақ үшін, керегі болар алдағы күндер үшін.* **Күндер күндерді артқа итерді.** поэт. *Күндер білінбей жылжып өтіп жатты, өмір өтті.* **Күндер [өмір] жылжыды.** *Уақыт зырлады, өткен күндер белгі қалдырмады.* **Күндер ұзады.** *Уақыт өтті, артта қалды.* **Күндері күңдікте өтті.** *Біреудің басыбайлы күңі болды.* **Күнді кеш батырды.** *Жұмысты бәрінен де көп істеді.* **Күн еңкейіңкіреді.** *Күн кешкіре бастады, батуға жақындады.* **Күн ескірді.** *Мезгіл өтті.* **Күн еңістен ауды**. *Күн бесіннен ауды, түс қайтты.* **Күн жадырады.** *Күн райы ашылып, жылы болды.* **Күн жазды.** *Еңбеккүн есептеді.* **Күн жайланды**. *Жаңбыр, жел басылып, күн ашылды.* **Күн жайлатты.** этн. миф. а) *Жай тасы, жада тасын дұға оқып, күн жаудырды.* ә) *Тасаттық берді.* **Күн жайлату**. миф. *Тасаттық беру.* **Күн жарқылдады.** *Найзағай ойнады.* **Күн жауды.** а) *Жаңбыр жауды.* ә) *Қиындыққа тап болды, қиын-қыстау кез болды.* **Күн жаумай су болған.** *Жасық, былжыр, бейшара; көңілсіз.* **Күн жебеледі.** *Әрең күн көрді, тарықты.* **Күн жетті.** *Мезгілі болды, уақыты келді.* **Күн [күні] жоқ.** а) *Тыныштық, маза жоқ.* ә) *Тәуелді, өмір сүре алмайды.* **Күн желмаядай желді.** *Уақыт зырлап өтті, тез өтті.* **Күн жылжытты.** *Күн өткізді.* **Күн жылы.** *Даладағы күннің температурасы адам денесінің қалыпты температурасына сәйкес, тоңдырмайды да, ыстықтатпайды да деген мағынада.* **Күн жылынды.** *Күн райы жылы қалыпқа ауысты.*

**Күн кеспеді.** *Алдын ала дәл уақытын, нақты мерзімін анық етіп айтпады.* **Күн кешті.** *Өмір сүрді, тіршілік етті, уақыт өткізді.* **Күн кешу.** *Тіршілік ету, өмір сүру.* **Күн көргені.** *Тіршілігі, күнкөрісі.* **Күн көргіш.** *Тіршілік етуге арналған (мал, дүние-мүлік).* **Күн көргіштік.** *Өмір сүруге, тіршілікке бейімділік, икемділік, пысықтық.* **Күн көрді.** *Тіршілік етті, өмір сүрді.* **Күн көрсетпеді.** *Тыныштық бермеді, мазасын алды, зорлық, қорлық көрсетті.* **Күн көру.** *Күнелту, тіршілік ету.* **Күн көрушілік.** *Күнелтушілік, тіршілік етушілік.* **Күн күркіреді.** *Найзағай жарқылдады, аса күшті дыбыс, жаңғырық естілді, шартылдады.* **Күн күркіреу.** ф и з . *Найзағай жүріп өткен жолдағы қысымның кенет жоғарылауы нәтижесінде ауада тербелістердің таралу процесі.* **Күн қабағы.** *Күн райы.* **Күн қабағын бақты.** *Күн райын байқады, бақылады.* **Күн қайда?** *Сондай кез, уақыт, мезгіл қашан болады, көзден бұл-бұл ұшты ғой деген мағынада.* **Күн [түс] қайтты.** *Күн ортасынан ауды.* **Күн қақты.** *Аптап өтті, күнге күйді.* **Күн қақты бота.** *Көп жегіліп-мінілген інгеннің шілде-тамыз айында туған ботасы.* **Күн күйды.** с ө й л . *Жаңбыр қатты жауды.* **Күн құрғамады.** *Күнде, күн сайын, күнбе-күн.* **Күн құрғатпай.** *Араға күн салмай, күн сайын, жиі.* **Күн май тоңғысыз жылы.** *Ауа райы жылы, жанға жайлы.* **Күннің қабағы бір жадырамады.** *Күн ашылмады, бұлттанып тұрып алды.* **Күннің қалай өткенін білмеді.** *Уақыты тез өтіп кетті.* **Күн озды.** *Уақыт өтті.* **Күн өткізді.** а) *Уақыт озды, өмір өтті, күндер жылжыды.* ә) *Тіршілік етті, өмір сүрді, күн көрді.* б) *Уақытты босқа жіберді, ишілеп өмір сүрді.* **Күн райы.** *Атмосфераның бір күндік құбылысы (аспанның ашықтығы, бұлтты, тұманды, бұлыңғыр болуы, жел тұру, жаңбыр, қар жауу, ыстық, суық, аяз болуы, температура мөлшері).* **Күн райын бақты.** *Ауа райының ыңғайына қарады.* **Күн режимі.** п е д . *Әр күні істелетін жұмыстың реті, тәртібі.* **Күн сайын.** *Әр күні, күнде, күніне.* **Күн санады.** *Асықты, күткен нәрсесінің тез болуын қалады.* **Күн санап.** *Күннен-күнге, уақыт өткен сайын.* **Күн сүйіп, жел үрген.** *Ыстыққа күйген, аңызыққа тотыққан.* **Күн сүреңдігі.** ***Күн райы.*** **Күн сынайды, күдері бел шыдайды.** *Қиындық ең шыдамды адамның ғана басына түседі.* **Күн сынды.** *Күн жылынып, суықтың беті қайтты.* **Күн табылды.** *Мезгілі жетті.* **Күн тәртібі.** а) *Жиналыс, мәжілістерде қаралатын мәселелердің түрлері мен өтілу реті.* ә) ә с к . *Әскери бөлімде (кемеде) жеке құрамның күнделікті қызметін, оқуы мен тұрмысын регламенттеу мақсатында тәуліктік уақытты бөлу.* б) *Ендігі кезек, жақын ара.* **Күн тәртібіне қойды.** *Белгілі бір мәселені уақыт күттірмей, тез арада шешу үшін талқылауға ұсынды.* **Күн тәртібінен түспейді.** *Басты, маңызды мәселе деген мағынада.* **Күн тәулігі.** ***Тәулік.*** **Күн туды.** *Кезі келді, мезгілі жетті.* **Күн тыншу.** ж е р г . *Бұлыңғыр, бұлдыр, тымырсық.* **Күн ұзағына болатын топ.** п е д . ***Ұзартылған күн тобы*** *(бастауыш сынып оқушыларының сабақтан кейін педагогтардың бақылауымен түстеніп, ойнап, үй тапсырмаларын орындайтын, жұмыс уақыты біткенше болатын тобы).* **Күн ұзарды.** *Күннің шығуы мен батуы аралығындағы уақыт алшақтады.* **Күн ұзатты.** *Уақыт өткізді.* **Күн ұясына кірді.** *Күн батты, кеш болды.* **Күн үшін.** *Тіршілікке, күнкөріске бола.* **Күн шайдай ашық.** *Аспанда бұлт жоқ.* **Күн шартыл болды.** ж е р г . *Күн шатырлады, күн күркіреді, найзағай жарқылдады.* **Күн шықты.** *Күндіз болды, таң атты, жарық түсті.* **Күн шіліңгір.** *Шілденің аптабы.* **Күні батты.** *Заманы, дәуірі өтті, күні қараң болды.* **Күні бойы [бойына].** *Таң атқаннан кешке дейін, күнұзақ.* **Күні бүгін.** *Осы кезге дейін, қазіргі уақытта; дәл бүгін.* **Күні бүгінге дейін [шейін].** *Осы уақытқа дейін, дәл бүгінге дейін.* **Күні бір уыс болды.** *Жағдайы қиындады, берекесі кетті, күні қараң болды.* **Күні бітті.** *Ажалы жетті, ризығы таусылды.* **Күні ертең.** а) *Таяу уақытта, көп ұзамай.* ә) *Түбінде бір, келешекте.* **Күні ертеңгі.** **Күні жақын [жуық, таяу].** *Әйелдің босанатын мезгілі болған.* **Күні жақындады.** **Күні жетті.** а) *Мерзімді уақыты, мезгілі жетті.* ә) *Босанатын мезгілі болды.* **Күні жоқ.** *Көргені азап, қиыншылық.* **Күні кеше.** *Таяуда, жақында, осыдан аз уақыт бұрын.* **Күні кешегідей.** *Жақында ғана болғандай; өткендегідей.* **Күні кеткен.** *Дәурені өткен, қартайған.* **Күні көкте жүзсін.** а л ғ ы с . *Бағы жансын, жолы болсын, дегеніне жетсін; бақыты ашылсын, күні түсін.* **Күні күн емес.** *Тіршілігінің сәні жоқ, рақат, қызығы жоқ.* **Күні қараң.** *Көргені азап, тұрмыс-тіршілігі ауыр, жағдайы қиын, халі мүшкіл.* **Күні құрыды.** *Жағдайы төмендеді, амал-айласы таусылды, дәрменсіз болды.* **Күні құрысын [күнін итке берсін].** *Ауыр тұрмыс, қиын жағдайға байланысты басқа салмасын, беті аулақ деген мағынада.* **Күніне жарады.** *Қиын кезде қол ұшын берді, қарасты, жәрдемдесті.* **Күнін жоқтады.** *Өткенін көкседі, аңсады.* **Күнін көп қылды.** *Осы күнге зар қылды.* **Күнін салды [қаратты].** *Біреуге ісі түсті, тәуелді болды.* **Күнін тар қылды [тарылтты].** *Қиындық көрсетті, екі аяғын бір етікке тықты.* **Күні өтті.** а) *Уақыты босқа өтті, зая кетті.* ә) *Мезгілі, дәуірі өтті, қартайды.* б) *Өмірі таусылды, өлді.* **Күні өтіп, айы асты.** *Асқынды, уақытынан асып кетті, мезгілінен кешікті. Күні өтті.* а) *Жасы жетіп қартайды.* ә) *Мәні кетті, ұмытылды, заманы тайды.* **Күні солды.** б е й н . *Бағы тайды, дәурені өтті.* **Күні толды.** *Іштегі бала жетіліп, әйелдің босанатын уақыты жақындады.* **Күні туды.** а) *Заманы келді, дәуірі жүрді.* ә) *Ісінің сәті түсті, жолы болды.* **Күні түсті [қарады].** *Біреуге ісі түсті, кіріптар болды.*

**КҮНАЙЫМ** з а т . к ө н е . ***Бала.***

**КҮНАЛДЫ** ү с т . ж е р г . *Алдын ала, күнілгері.*

**КҮНАЛҚЫ** з а т . к ө н е . *Ұрыс, шайқас кезіндегі сәл дамыл, кідіріс.*

**КҮНАРА** ү с т . *Араға күн салып.*

**КҮНӘ** [ир. گناه] з а т . **1.** д і н и . *Сөзі, ісі, ойы, ниеті арқылы дінге, шариғатқа қайшы жасалған іс, теріс әрекет.* **2.** д і н и . *Ислам дінінде – рұқсат етілмеген, тыйым салынған, харам іс-әрекет.* **3.** *Мін, кемшілік, қателік.*

**Күнә артты [тақты].** *Күнәлады, айып тақты, жазғырды.* **Күнә болды.** д і н и . *Дін қағидасына сай келмеді, арам іс болды.* **Күнәға [белшесінен] батты.** а) д і н и . *Дін, шариғатқа қайшы іс қылды, күнәлі болды.* ә) *Қылмыс жасады, жазықты болды.* **Күнәдан арылды.** *Күнәсі кешірілді.* **Күнәдан аузын сақтады.** *Ғайбат, өсек, өтірік, былапыт сөзді айтпады.* **Күнәдан пәк.** *Жас баладай күнәсіз, жаны таза.* **Күнәдан тазарды.** д і н и . *Күнәсінан арылды, күнәсін жуып-шайды.* **Күнә жасады.** *Шариғатқа қайшы келетін, рұқсат етілмейтін нәрсеге барды, күнәға қалды.* **Күнәнің күнәсі.** *Ең ауыр күнә, қылмыс.* **Күнәні сатып алды.** *Өзіне-өзі қылмыс тілеп алды, нәпсісін жеңе алмады.* **Күнәсін ақтады.** *Айыбын жуып-шайды, күнәдан арылды.* **Күнәсін кешті.** д і н и . *Алла тағала пендесінің біліп-білмей істеген, шариғатқа қайшы келетін істерін кешірді, кешірім жасады.* **Күнәсін [мойнына] көтерді.** *Біреудің жасаған айыбын, жазығын өз мойнына алды.* **Күнәсін мойнына алды.** *Мойындады, өздігінен күнәсін айтты.* **Күнәсіна кірді.** *Біреудің кінәсіна, айыбына ортақ болды.* **Күнәсін тартты.** д і н и . *Күнәсін көтерді, күнәға қалды.*

**КҮНӘГЕР** с ы н . с ө й л . ***Күнәкар.***

**КҮНӘЙ** з а т . к ө н е . *Күнә, мін.*

**Күнәйі бастан асты.** *Күнәға белшесінен батты, көп күнә жасады.* **Күнәйі көп болды.** *Күнәға батты, күнәсі көбейді.*

**КҮНӘЙІМДІ** с ы н . э в ф е м . к ө н е . *Екіқабат, жүкті.*

**КҮНӘКАР** [ир. گناهکار] с ы н . **1.** д і н и . *Құран қадистеріне, шариғатқа қайшы іс-әрекет жасаған (адам). // Күнәлі адам.* **2.** *Айыпты, кінәлі, жазықты.*

**КҮНӘКАРДАЙ** с ы н . *Күнәкар сияқты, күнәкар тәрізді.*

**КҮНӘКАРЛА=** е т . *Күнәкар ету, айыптау, жазғыру.*

**КҮНӘКАРЛЫҚ** з а т . д і н и . *Күнәға батушылық, шариғатқа қайшы істермен айналысушылық.*

**КҮНӘКАРША** ү с т . *Күнәкарға ұқсап, күнәкар сияқтанып.*

**КҮНӘКІТ** з а т . б и о л . *Жабайы өсімдіктердің бір түрі.*

**КҮНӘЛІ** с ы н . **1.** д і н и . *Күнәға батқан, шариғатқа қайшы істермен шұғылданған.* **2.** *Жазықты, айыпты. //Құдай алдында күнәлі, күнәкар адам.* **3.** а у ы с . *Жымысқы, арам, астыртын әрекет жасайтын.*

**КҮНӘМШІЛ** с ы н . ***Кінәмшіл.***

**КҮНӘПА** [ар. كنافة] з а т . к ө н е . *Шаймен ішетін, бал араластырып жасалатын тағам түрі.*

**КҮНӘ-САУАП** з а т . *Істеген жақсылықтары мен жасаған қиянат, күнәлары.*

**КҮНӘ-СҮМДЫҚ** з а т . *Теріс әрекет, жаман қылық.*

**КҮНӘСІЗ** с ы н . *Күнәсі жоқ, айыпсыз, жазықсыз.*

**КҮНӘСІЗДАН-КҮНӘСІЗ** ү с т . *Нақақтан-нақақ, текке, бостан-босқа, еш кінәсіз, жазықсыз.*

**КҮНӘСІЗДІК** з а т . *Күнәсі жоқтық, айыпсыздық, жазықсыздық; пәктік.*

**КҮНӘҺ** з а т . е с к і к і т . *Күнә, айып.*

**КҮНӘҺАР** с ы н . е с к і к і т . ***Күнәкар.***

**КҮНӘҺЫ** з а т . е с к і к і т . ***Күнә.***

**КҮНБАҒАР** з а т . ө с . ***Күнбағыс.***

**КҮНБАҒАРДАЙ** с ы н . *Күнбағар сияқты, күнбағар тәрізді.*

**Күнбағардай құбылды.** *Тұрақты болмады, неше түрлі өзгерді.*

**КҮНБАҒЫС** з а т . ө с . <лат. helianthus> **1.** *Өсіп жетілген кезде биіктігі бір жарым-екі метрден асатын, ірі жапырақты, сары гүлді, дәні майлы, күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық мәдени өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің дәні; пісте, шекілдеуік.*

**Күнбағыс майы.** *Күнбағыс дәнінен сығып алынған өсімдік майы, пісте май.*

**КҮНБАҒЫСТАЙ** с ы н . *Күнбағыс сияқты, күнбағыс тәрізді.*

**Күнбағыстай құбылды.** *Тұрақсыз болды, неше түрлі теріс қылыққа, ұшқалақтық, көрсеқызарлыққа салынды.*

**КҮНБАҒЫСША** ү с т . *Күнбағыс сияқты, күнбағысқа ұқсап.*

**КҮНБАТЫС** з а т . **1.** *Батыс, жердің төрт тарабының Шығысқа қарама-қарсы жағы, күн бататын жақ.* **2.** *Батыс, Батыс Еуропа елдері, жұрты.* **3.** ж е р г . *Батыс жақтан соғатын теңіз желі.*

**Күнбатыс Европа.** *Батыс Еуропа елдері, жұрты.*

**КҮНБЕ-КҮН** ү с т . *Күн сайын, күнде, күніге.*

**КҮНБЕ-КҮНГІ** с ы н . *Күн сайынғы, күндегі, әр күнгі, күнделікті.*

**КҮНБЕ-КҮНДІК** с ы н . *Әр күндік, күнделікті.*

**КҮНГЕБАҒАР** з а т . ө с . ж е р г . ***Күнбағыс.***

**КҮНГЕЙ** з а т . **1.** *Күннің шуағы мол түсетін жер. //Күннің сәулесі мол түсіп тұратын, шуақты.* **2.** *Таудың үнемі күн сәулесі түсіп тұратын бір жағы, етегі, баурайы.* **3.** а у ы с . *Күн сәулесі, қызуы.*

**КҮНГЕЙЛЕ=** е т . *Күн сәулесін қолымен қалқалау, көлегейлеу.*

**КҮНГЕЙЛЕТ=** е т . *Күнгейге шығару, шуақтату.*

**КҮНГЕЙЛЕУ** ү с т . *Күнгейге, оңтүстікке таман.*

**КҮНГЕЙЛІ** с ы н . *Күн сәулесі мол түсетін, шуақты.*

**КҮНГЕЙЛІК**[1] з а т . ж е р г . ***Күндік.***

**КҮНГЕЙЛІК**[2] с ы н . *Күнгей жақты мекендейтін, оңтүстіктік. // Оңтүстікте, күнгей жақта тұратын адам.*

**КҮНГЕЙТАС** зат. геол. *Минерал, гематит не слюда қабыкшалары бар, жартылай мөлдір плагиоклаз; гематиттің өте ұсақ талшықтарын кіріктіретін алтын түстес құлпырмалығы бар әшекей тас.*

**КҮНГЕЙШЕ** зат. *Күн түсіп тұрған жер, күнгей.*

**КҮНГЕЛЕ=** ет. жерг. *Аудың шетін арқанға бекіту.*

**КҮНГЕШЕ: бұл [осы] күнгеше.** сөйл. *Бұл [осы] күнге дейін.*

**КҮНГІ** сын. *Күндік, белгілі бір күнге, кезге, уақытқа тән.*

**КҮНГІДЕЙ: бір күнгідей.** *Тез, шапшаң.*

**Бір күнгідей болмады.** *Тез өте шықты.*

**КҮНГІСІН-КҮНГЕ** үст. сөйл. жерг. *Күнбе-күн, күндегісін күнде.*

**КҮНҒАЛАҚ** зат. жерг. *Тесік ожау, кепсер.*

**КҮНДАҚ** зат. *Жақсылық, жетістік.*

**КҮНДЕ**[1] зат. этн. ***Күде***[2].

**КҮНДЕ**[2] зат. жерг. *Ағаш соқа.*

**КҮНДЕ**[3] үст. **1.** *Күн сайын, араға күн салмай, күнігe.* **2.** *Жиі, үнемі.* **3.** *Етістіктермен тіркесіп, "жағдайда", "өзінде" деген мағынада жұмсалады.*

**КҮНДЕ=** ет. **1.** *Байырғы кезде бәйбіше, тоқал, абысындардың бірін-бірі көре алмай, іштарлық жасауы.* **2.** *Бәсекелес, бақталас адамдардың бірін-бірі көре алмауы.* **3.** *Қызғану, бергісі келмеу.*

**КҮНДЕБАУ** зат. этн. **1.** *Жылқыны күнделеу үшін қолданылатын жіп, күде.* **2.** ауыс. *Байырғы қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауынан туған ұрыс-қақтығыстарда екі жақты бітістіру үшін күн төлеуден басқа айыпты жақтың қалыңсыз беретін қызы.*

**КҮНДЕГІ** үст. *Күн сайынғы, әдеттегі, күнделікті, қалыпты.*

**Күндегісін күнде.** *Күн сайын, араға күн салмай.*

**КҮНДЕГІДЕЙ** сын. *Әр күнгідей, әдеттегідей.*

**Бала күндегідей.** *Жас шағындағы сияқты.*

**КҮНДЕГІДЕН** үст. *Әдеттегі қалыптан, дағдыдағыдан.*

**КҮНДЕГІШ** сын. *Өзгенің жақсылығын көре алмайтын, қызғаншақ, күншіл.*

**КҮНДЕГІШЕ** үст. *Күндегі әдетінше, әдеттегідей, дағдысы бойынша.*

**КҮНДЕЙ**[1] сын. *Күн сияқты (қуатты, жарық).*

**Күндей балқып, майдай еріді.** *Ұнамды қылық, жақсы мінез танытты.* **Күндей балқып, судай тасыды.** *Дегені болып, көңілі өсті.* **Күндей жанды.** *Құлпырды, ажарланды.* **Күндей күркіретті.** *Дүркіретіп, дабырлатты, у-шу қылды.*

**КҮНДЕЙ**[2] үст. **1.** *Есептік сан есімдерден кейін тұрып, «күнге жуық, күнге тарта» деген мағына білдіреді.* **2.** *Мезгіл, уақыт секілді.*

**КҮНДЕЙІН** үст. фольк. ***Күндей***.

**КҮНДЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Күделе***[2].

**КҮНДЕЛЕУ** *Күндел етістігінің қимыл атауы.*

**КҮНДЕЛІК**[1] зат. **1.** *Жеке адамның өз басынан өткен-кеткенін немесе әр күнгі оқиғаны, жай-жағдайды тізіп жазып отыратын дәптері.* **2.** әдеб. *Жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазатын публицистикалық шығарманың бір түрі.* **3.** *Мекемеде орындалған жұмыстардың тізімін, нәтижесін белгілейтін журнал.* **4.** пед. *Оқушының үй тапсырмаларын жазатын, алған бағаларын қоятын дәптері.*

**Күнделік тексеру.** пед. *Сынып жетекшісінің оқушының үлгерімін, сабаққа қатысын, ата-аналармен байланысын орнату үшін қол қойып, ескертулерін күнделікке жазуы.*

**КҮНДЕЛІК**[2] үст. *Күнделікті, күн сайынғы, әр күнгі.*

**Күнделік газет.** *Күн сайын шығатын газет.* **Күнделік дәптер.** а) ***Қойындәптер*** (*басынан өткен оқиғаларды (күнін, айын, жылын көрсетіп), күнделікті өмірін жазып отыратын жеке дәптер).* ә) *Мектеп күнделігі.* **Күнделік жазба.** *Жазушы, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білгендерін белгілеп жазып отыратын әңгіме, очерк түріндегі жазбалары.* **Күнделік жоспар.** а) тар. совет. *Жұмысшының бір күнге жоспарланған міндеті.* ә) *Әр күнгі сабақ барысы көрсетілетін мұғалім жоспары.* **Күнделік норма.** тар. совет. *Жұмысшының бір күнде орындауға тиісті нормасы.* **Күнделік режім.** *Күн режимі.* **Күнделік тіл.** сөйл. *Қарапайым, ауызекі сөйлеу тілі.* **Күнделік тіршілік.** сөйл. ***Күнделікті тірлік***.

**КҮНДЕЛІКТІ** сын. **1.** *Күн сайынғы, күнбе-күнгі.* **2.** *Қалыпты, дағдылы, әдеттегі, үйреншікті.* **3.** *Үнемі, әрдайым, күн сайын.*

**Күнделікті су өтімі.** сушар. *Табиғи жағдайдағы ашық су ағынының қалыптасуы.* **Күнделікті сұранымға ие тауарлар.** экон. *Тұтынушы жиі сатып алатын, күнделікті пайдалануға қажет тауарлар.* **Күнделікті тірлік.** *Күн сайын қайталанып отыратын үйдің шаруасы, үйреншікті тірлік.*

**КҮНДЕМЕЛЕП** үст. *Бір-бір күндеп, күн сайын.*

**КҮНДЕП** үст. *Бір не бірнеше күн бойына.*

**КҮНДЕС** зат. **1.** этн. көне. *Екі немесе одан да көп әйел алған еркектің бір-біріне қызғанышпен қарайтын әйелдері.* **2.** *Бақталастық, көре алмаушылық. // Бірін-бірі көре алмайтын, бақталас, күншіл, қызғаншақ.*

**Күндес қатын.** көне. *Бір еркектің бірін-бірі көре алмайтын бақталас әйелдері.* **Күндестің күлі де күндес.** *Күндес әйелдердің бір-біріне өшпенділігі, арақатынасы туралы.* **Күндес шеше.** көне. *Анасының күндесі, өгей шеше.*

**КҮНДЕС=** ет. **1.** *Көре алмау, бақталасу, қызғаныштан бірін-бірі күндеу, алға шыққанын қаламау.* **2.** ауыс. *Таласу, өзінен жоғары затқа, қолынан келмейтін нәрсеге ұмтылу.*

**КҮНДЕСТЕЙ** сын. *Күндес сияқты, күндес тәрізді. // Күндес адамдардай.*

**КҮНДЕСТІК** зат. **1.** этн. *Байырғы кездегі ер адамның екі немесе бірнеше әйелдерінің бірін-бірі қызғанудан туған көре алмаушылық.* **2.** *Бәсекелес адамдардың бірін-бірі көре алмаушылығы, бақталастығы.*

**КҮНДЕСТІР=** ет. *Бірін-біріне күндес ету, алакөз етіп қою.*

**КҮНДЕСУ** *Күндес етістігінің қимыл атауы.*

**КҮНДЕТ=** ет. *Күндес ету, бақталастыру.*

**КҮНДЕУ** *Күнде етістігінің қимыл атауы; бәсекелес, бақталас адамдардың бірін-бірі көре алмауы.*

**КҮНДЕУШІ** зат. *Күндейтін адам, күншіл.*

**КҮНДЕУШІЛІК** зат. *Көре алмаушылық, күншілдік, бақталастық, қызғаншақтық.*

**КҮНДЕШІК** зат. өс. <лат. elatine> *Су астындағы топыраққа төселе өсетін, сабағының ұзындығы 8-10 см-дей, ұсақ өсімдік.*

**Күндешік тұқымдасы.** бот. *Қос жарнақты, бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**КҮНДЕШІКТЕР** зат. өс. <лат. elatinaceae> *Жапырақтары қарама-қарсы немесе шоғырлана орналасқан, тықыр немесе түкті гүлдері қос жынысты, сағақсыз немесе гүлсағақты, шоғыр, шатыршаға топтанған, жемісі көп тұқымды қорапша болып келетін бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы, су және сужағалық өсімдіктер тұқымдасы .*

**КҮНДІЗ** үст. *Тәуліктің күн шыққаннан батқанға дейінгі аралығы, күні бойы.*

**Күндіз баласы [баласында].** *Күні бойы, күндізгі уақытта.* **Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды.** *Қапаланды, қайғырды, уайымдады.* **Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ [көрмеді].** *Әбден мазасызданды, тыныштықтан айырылды.* **Күндіз күлкі, түнде ұйқысы бұзылды.** *Тыныштықтан айырылды, мазасы кетті.* **Күндіз оқытатын бөлім.** *Оқу процесіне студенттің жыл бойы қатысуын талап ететін білім беру ісі.*

**КҮНДІЗГҮЛ** зат. өс. *Тастақты, құмды жерлерде өсетін, біржылдық өсімдік.*

**КҮНДІЗГІ** сын. **1.** *Ертеден кешке дейінгі аралықтағы, күні бойғы, күнұзақтағы.* **2.** *Күндізгі уақыттағы.*

**Күндізгі жарық шам.** физ. *Электр энергиясын ультракүлгін сәулеге, соңынан бұл сәулені көзге көрінетін жарыққа түрлендіретін жасанды жарық көзі.* **Күндізгі кезек.** *Күндіз жұмыс істейтін ауысым.*

**КҮНДІЗГІДЕЙ** сын. **1.** *Күндізгі сияқты.* **2.** *Жап-жарық, ап-айқын, жарық.*

**КҮНДІЗДЕЙ** сын. сөйл. *Күндіз тәрізді, күндіз сияқты.*

**КҮНДІЗДЕТІП** үст. *Күндіз, жарық барда; күндіз жүріп.*

**КҮНДІЗ-ТҮНІ** үст. **1.** *Күндіз де, түнде де, тәулік бойы.* **2.** *Үнемі, дамылдатпай, тынымсыз, қайта-қайта.*

**Күндіз-түні дамыл жоқ.** *Тыным таппады, жанын аямады.* **Күндіз-түні ойлайды.** *Жатса, тұрса үнемі жадында, есінде болды, ұмытпады.*

**КҮНДІК**[1] зат. **1.** этн. *Кимешектің үстінен жалпақ етіп орайтын ақ мата, әйелдің баскиімі.* **2.** ауыс. *Таудың басы, жоғарғы жағы.*

**Күндігі қарқарадай.** бейн. *Биік, әдемі көрінетін күндік.*

**КҮНДІК**[2] сын. **1.** *Бір күнге жетерлік; бір күнге созылған.* **2.** *Күнделікті, күнбе-күнгі.*

**Күндік жалақы.** қаржы. *Бір күнгі істеген жұмыстың ақысы.* **Күндік жер.** этн. *Шамамен атпен жүргендегі 50-60 шақырым қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Күндік жерде.** этн. а) *Алыста, жырақта.* ә) *Маңайда, жақын жерде.* **Күндік жерден.** *Алыстан, қашықтан; бір күн бойы жүретін жерден.* **Күндік [күнделік] жоспар.** *Бір күнде болатын жұмыстың, шараның жоспары.* **Күндік норма.** *Бір күнде істелетін жұмыс мөлшері, күнделікті норма.* **Күндік істеді.** *Жеке адамның шаруасын, жұмысын істеп, күнделікті төлемін алып отырды.*

**КҮНДІККЕ** үст. *Күні бойы, таңертеңнен кешке дейін, ұзақ уақыт.*

**КҮНДІКПЕН** үст. сөйл. *Күні бойы.*

**КҮНДІКТЕ** үст. жерг. *Күн шамасында, күн аралығында.*

**КҮНДІКТЕП** үст. *Әр күнгі істейтін жұмысына жеке, өзара келісіп, көтерме жұмыс қылып.*

**КҮНДІКШІ** зат. *Тұрақты кәсібі жоқ, күн сайын әртүрлі жұмысқа жалданатын адам.*

**КҮНДІКШІЛІК** зат. жерг. *Күндіктеп істейтін жұмыс.*

**КҮНЕЛТ=** ет. **1.** *Өмір сүру, тіршілік ету, күн көру.* **2.** *Қоректену, талғажау ету.*

**КҮНЕЛТТІР=** ет. *Күнкөріс қамына салу, өмірін өткізу.*

**КҮНЕЛТУ** *Күнелт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күн көру.* **2.** *Өмір сүру, тіршілік ету. // Күнкөріс, күнелтіс.*

**КҮНЕЛТІС** зат. ***Күнкөріс***.

**КҮНЕЛТІС=** ет. *Бәрі бірге күн көру, тіршілік қамын жеу.*

**КҮНЕС** сын. *Күн сәулесі, қызуы мол түсетін. // Күншуақ, күнгей; күн сәулесі қызуы мол түсетін жер.*

**КҮНЕСКЕЙ** сын. жерг. *Шуақты, күнгей.*

**КҮНЕСТЕ=** ет. *Шуақтау, жылыну, күн көзіне қыздырыну.*

**КҮНЕСТЕУ** сын. *Шуақтау, күнгейлеу.*

**КҮНЕСТЕТ=** ет. **1.** *Жылыту, шуақтату.* **2.** ауыс. *Бөлендіру, шаттандыру.*

**КҮНЕСТЕТУ** *Күнестет етістігінің қимыл атауы.*

**КҮНЕСІН** зат. сөйл. ***Күнес***.

**КҮНЖАРА** [ир. کنجاره] зат. **1.** *Күнбағыс тәрізді майлы өсімдіктердің майы сығып алынған қалдығы.* **2.** малшар. *Мал азығы.*

**КҮНЖАРАҰНТАҒЫШ** зат. тех. *Малға берер алдында күнжараны ұнтақтайтын мәшине.*

**КҮНЖІТ** [ир. كنجد] з а т. б о т. <лат. sesamum> **1.** *Сезам тұқымдасына жататын, дәнінен май алынатын, ыстық жақта өсетін біржылдық не көпжылдық өсімдік туысы.* **2.** с ө й л. ***Күнжара***.

**Күнжіт майы**. *Күнжіттен алынатын өсімдік майы.* **Күнжіт тұқымдасы**. өс. <лат. pedaliaceae>. *Шөп, кейде бұта түрінде кездесетін қосжарнақты өсімдіктер.*

**КҮНЗЕ** за т. ө с. *Эфир майын өндіру үшін қолдан егілетін, біржылдық өсімдік.*

**КҮНКӨРІС** з а т. **1.** *Адамның тіршілік етуіне қажетті материалдық (тамақ, киім) жағдай.* **2.** *Тіршілік, тірлік.*

**Күнкөріс минимумы**. э к о н. *Бір адамның тұрмыс мұқтажын өтеуге қажет қаржының ең аз мөлшері.* **Күнкөріс тіршілігі**. *Күнделікті тірлік, шаруа.* **Күнкөрісінен айырылды.** *Азық-түліксіз, малсыз қалды.*

**КҮНКЕЛДІ** ө с. <лат. trollius> з а т. ***Отгул*** *(биіктігі 5-80 см, түбінде өткен жылғы жапырақтары болатын, тамыры көптармақты, жарық гүл туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**КҮНКЕСТЕ** з а т. с п о р т. *Командалардың бір-бірімен қай күні сайысқа түсетіні көрсетілетін кесте.*

**КҮНҚАБАҚ** з а т. ж е р г. ***Күнбағыс***.

**КҮНҚАҒАР** з а т. *Адамның маңдай тұсын күннен қалқалап тұратын баскиімнің алғы жағындағы қалқан.*

**КҮНҚАҚТЫ** с ы н. *Күнге күйген, тотыққан, қарайған.*

**Күнқақты бота**. ж е р г. *Күнде көп жатқандықтан, күн өтіп, іші кеткен, аза бастаған бота.*

**КҮНҚАЛҚА** з а т. *Жеке үйлердің алдында, саяжайларда жаңбырдан, күннен қорғануға арнап салынған төбесі жабық орын.*

**КҮННЕН-КҮНГЕ** ү с т. *Күн өткен сайын, уақыт өте келе.*

**КҮНПАРАҚ** з а т. **1.** *Бір жылдың барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген, белгіленген уақытта орындалатын істер көрсетілетін анықтама кітапша.* **2.** ***Күнтізбе***.

**КҮНСА=** е т. *Күнге қыздырыну, күншуақтау.*

**КҮНСОҚТЫ: күнсоқты болды.** *Күн өтті, күннің қызуы денесіне дарыды.*

**КҮНСУ** *Күнсі етістігінің қимыл атауы.*

**КҮНСІ=** е т. **1.** *Күнге күю, күн түсу.* **2.** *Күн өту, шөлдеу.* **3.** *Күнге оңалу, түсін жоғалту.*

**КҮНСІЗ** с ы н. *Күн жоқ, қараңғы. // Белгілі бір күн өтпей. // Күнкөрісі қиын, тұрмысы ауыр, панасыз кісі.*

**КҮНСІРЕ=** е т. *Күнсу, күн астында жүру.*

**КҮНСІТ=** е т. *Күннің астында қалдыру, шөлдету, күн өткізу.*

**КҮНСІТУ** *Күнсіт етістігінің қимыл атауы.*

**КҮНТАЙЫМ** з а т. э к с п р. *Кішкентай баланы еркелеткенде, еміренгенде жаным деген мағынада айтылатын атауыш.*

**КҮНТАҚА** з а т. с ө й л. ***Көнтақа***.

**КҮНТАРТҚЫШ** з а т. <франц. loupe> *Күн сәулесін шоғырландыратын ойыс шыны.*

**КҮНТИМЕС** з а т. с ө й л. *Мал құйрығының асты.*

**КҮН-ТҮН**[1] з а т. о й ы н. ж е р г. *Бір жағы «күн», екінші жағы «түн» болып, екі топқа бөлініп ойнайтын ер балалар ойыны.*

**КҮН-ТҮН**[2] ү с т. *Күндіз-түні, күні-түні.*

**Күн-түн демей.** *Ерте демей, кеш демей, үнемі уақытпен санаспай, тыным көрмей, дамылсыз.* **Күн-түн қатты.** *Дамыл таппады, тыным көрмеді.*

**КҮНТІЗБЕ** з а т. <лат. calendarium> *Ұзақ уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысының ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі.*

**КҮНТІЗБЕЛІК** с ы н. *Күнтізбеге сай, күнтізбе бойынша.*

**Күнтізбелік жоспар**. а) п е д. *Мұғалімнің тоқсан, жыл көлемінде өткізетін сабақтарының тақырыбы, мерзімі көрсетілетін жоспары.* ә) э к о н. *Жалпы кәсіпорын және оның жеке құрылымдық бөлімшелері (цехтар, телімдер, бригадалар, жұмыс орындары) үшін қысқа мерзімге (айға, тәулікке, маусымға, сағатқа) арналған нақты өндірістік тапсырмаларды әзірлеуді қоса оралымды-өндірістік жоспарлаудың бір бөлігі.* **Күнтізбелік жыл**. э к о н. *Күнтізбе бойынша дәл есептелетін біржылдық уақыт кезеңі, сондай-ақ онымен сәйкес келетін есептік және есеп берілетін жыл.* **Күнтізбелік суару жоспары**. с у ш а р. *Суару маусымының әр он күні сайын суарылатын жердің ауданы, қажетті суару мөлшері көрсетіліп жасалған күнтізбелік жоспар.* **Күнтізбелік суару кестесі**. с у ш а р. *Шаруашылықта ауыспалы егістікті суару тәртібі.*

**КҮНҰДАЙ** ү с т. *Ертеден қара кешке дейін, күні бойы.*

**КҮНҰЗАҚ** ү с т. *Күні бойы.*

**КҮНҰЗАҚҚА** ү с т. *Ертеден қара кешке дейін.*

**КҮНҰЗАҚТЫ** ү с т. с ө й л. ***Күнұзақ***.

**КҮНҰЗЫН** ү с т. *Күні бойы.*

**КҮНҰЗЫНҒА** ү с т. *Күнұзын, күні бойы.*

**КҮНШЕ** ү с т. **1.** *Күнге ұқсап, күн сияқтанып.* **2.** *Тәулік шамасы, күндей.*

**Күнше күркірейді**. *Күндей күркіреді.*

**КҮНШУАҚ** з а т. **1.** *Күннің сәулесі, қызуы.* **2.** *Күн қызуы мол түсетін ықтасын, шуақ жер, күнгей жақ.* **3.** с ө й л. ***Күншығыс***.

**КҮНШУАҚТА=** е т. *Күн көзіне жылыну.*

**КҮНШЫҒАР** з а т. қ о л ө н е р. *Күннің шығу сәтін бейнелейтін өрнек, үлгі.*

**КҮНШЫҒЫС** з а т. **1.** *Шығыс, жердің төрт тарабының күн шығатын жағы.* **2.** *Шығыс ел, мемлекет.* **3.** ж е р г. *Шығыс бағыттан соғатын теңіз желі.*

**Күншығыс елі.** *Жапония, жапон елі.*

**КҮНШІ** с ы н. с ө й л. ***Күншіл***.

**КҮНШІ=** е т. *Көре алмау, күндеу.*

**КҮНШІЛ** с ы н. *Іштар, қызғаншақ, көре алмайтын, күндегіш.*

**Күншіл дүние**. п о э т. *Опасыз өмір, бұл жалған.*

**КҮНШІЛДІК** з а т. **1.** *Іштарлық, көре алмаушылық, бақастық.* **2.** *Бәсекелестік, бақталастық.*

**Күншілдік етті**. *Көре алмады, іштарлық етті.*

**КҮНШІЛДІКТІК** з а т. с ө й л. ***Күншілдік*** *(бәсекелестік).*

**КҮНШІЛІК**[1] з а т. с ө й л. ***Күншілдік***.

**Күншілік қылды [етті, жасады].** *Қызғанды, көре алмады, іштарлық көрсетті.*

**КҮНШІЛІК**[2] з а т. э т н. *50-60 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**Күншілік жер [жол].** э т н. *Аттен жүргендегі 50-60 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**КҮНШІЛІКСІЗ** с ы н. *Бақассыз, талассыз, күншілдіктен аулақ.*

**КҮНШІЛІКТЕН** ү с т. *Алыстан, сонадайдан.*

**КҮНШІЛІКТЕЙ: бір күншіліктей болмады.** *Бір күнгідей болмады, тез, лезде өте шықты, тез ұмытылды.*

**КҮНІБҰРЫН** ү с т. *Ертерек, алдын ала, мерзімінен бұрын.*

**КҮНІГЕ** ү с т. *Күнде, күн сайын.*

**КҮНІЛГЕРІ** ү с т. *Алдын ала, мезгілінен бұрын, ертерек.*

**КҮНІМ** з а т. э к с п р. **1.** *Баланы жақсы көріп еркелеткенде, еміренгенде "жаным" деген мағынада айтылатын атауыш.* **2.** *Сүйген адамын жақсы көретіндігін, еркелеткенін білдіргенде айтылатын атауыш.*

**КҮНІМЕН** ү с т. **1.** *Күні бойы, күнұзақ.* **2.** *Ұзақ уақыт.*

**КҮНІНДЕ** ү с т. **1.** *Күнде, күн сайын, кезінде.* **2.** *Бір кездерде, өз заманында.*

**КҮНІНЕ** ү с т. *Күн сайын, күнде.*

**КҮНІС=** е т. с ө й л. ***Күнсі***.

**КҮНІ-ТҮН** ү с т. с ө й л. ***Күні-түні***.

**КҮНІ-ТҮНІ** ү с т. **1.** *Күндіз де, түнде де, күндіз-түні, тәулік бойы.* **2.** *Күні бойы.* **3.** *Үнемі, әрдайым, ылғи, әрқашан.*

**Күні-түні дем алмады**. *Дамыл көрмеді, тыным таппады.*

**КҮҢ** з а т. к ө н е. *Олжаға түскен не сатып алған, бас бостандығы, құқығы жоқ, төменгі әлеуметтік жікке жататын әйел адам.*

**Күң болды.** *Күңдікте жүрді, қорлық, зорлық көрді.* **Күң құрлы жоқ**. *Ең төмен, қорлықта жүрген адамның да бір айтары болады деген мағынада.* **Күң қылды.** *Күңдікте ұстады.* **Күңің болайын.** *Айтқаныңды екі етпейін, айтқаныңнан шықпайын.*

**КҮҢГІР** з а т. **1.** *Алыстан не іші қуыс нәрсенің түбінен жаңғырығы шығып, күңгірлеп, дүңгірлеп, түсініксіз естілетін дыбыс.* **2.** *Ақырын, күмбірлеп шығатын жағымды дауыс, қоңыр үн.*

**Күңгір дауыс**. *Қоңыр үн, жағымды баяу дауыс.* **Күңгір етті.** а) *Күңгірледі, жаңғырықты.* ә) *Күбірледі.*

**КҮҢГІРДЕЙ** с ы н. *Күңгір сияқты, күңгір тәрізді.*

**КҮҢГІР-ДҮҢГІР** е л і к. *Күмбір-күмбір, дүмбір-дүмбір еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**КҮҢГІРЕ=** е т. с ө й л. ***Күңгірле***.

**КҮҢГІРЕНТ=** е т. *Күңгірлету, даңғырату, дүркірету.*

**КҮҢГІР-КҮБІР** ү с т. *Естілер-естілмес күбірлесіп.*

**КҮҢГІР-КҮҢГІР** е л і к. *Қайта-қайта күңгірлеген үлкен қоңыраулардан шығатын дыбысты және соған ұқсаған жаңғырықты білдіретін сөз. // Сөзі түсініксіздеу, көмескі үн.*

**Күңгір-күңгір етті.** *Күңгірлеп кетті.* **Күңгір-күңгір кісінеген.** *Бабына келген, жарау (қазанат туралы).*

**КҮҢГІРЛЕ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің түбінен шыққан дыбыстың кеңістікке жаңғырып барып естілуі, күңгір-күңгір етуі.* **2.** *Дауыстың алыстан көмескі естілуі, түсініксіз болуы.* **3.** а у ы с. *Даңғырау.*

**КҮҢГІРЛЕК** с ы н. *Күңгірлеп тұратын (іші бос, қуыс, жан-жағы жабық, ағаштан жасалған затты ұрғанда шығатын дыбыстың сипаты).*

**КҮҢГІРЛЕН=** е т. *Даңғырлау.*

**КҮҢГІРЛЕС=** е т. **1.** *Күбірлесу, естілер-естілмес етіп сөйлесу.* **2.** *Күмбірлеу, жағымды қоңыр үн естілу.*

**КҮҢГІРЛЕТ=** е т. *Дүңгірлету, даңғырату.*

**КҮҢГІРТ** с ы н. **1.** *Жарығы аз, қарауытқан.* **2.** *Қара қошқыл, қара сұр.* **3.** *Әлсіз, көмескі, анық емес, бұлыңғыр.* **4.** *Түсініксіз, белгісіз, жұмбақ, айқын емес.* **5.** а у ы с. *Көңілсіз, жабырқаңқы, сұрықсыз, түнжыраулы.* **6.** а у ы с. *Арам, теріс пиғылды.*

**Күңгірт жасыл**. *Ашық емес, қара сұр жасыл түс.* **Күңгірт көзілдірік.** *Көзді күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік.* **Күңгірт көк.** *Ашық емес, қара көк түс.* **Күңгірт қоңыр.** *Ашық емес, қара қоңыр түс.* **Күңгірт сары.** *Ашық емес, қоңырқай сары түс.* **Күңгірт тартты.** а) *Күңгірттенді, қарауытты, қара қошқылданып, бұлыңғырланды.* ә) *Мұңайды, түнжырады.* б) *Естен шықты, ұмытылды.* в) *Бәсеңдеді, әлсіреді.*

**КҮҢГІРТСІЗ** с ы н. *Бүкпесіз, анық, шын мәнінде.*

**КҮҢГІРТТЕ=** е т. **1.** *Күңгірт ету, қараңғылау.* **2.** *Әрін алу, көмескілеу.* **3.** а у ы с. *Түсініксіз етіп жұмбақтау.*

**КҮҢГІРТТЕЛ=** е т. *Күңгірт тарту, қарауыту, көмескілену.*

**КҮҢГІРТТЕН=** е т. **1.** *Күңгірт тарту, қарауыту, көмескілену, қара қошқылдану.* **2.** а у ы с. *Қабақ шыту, сұрлану.*

**КҮҢГІРТТЕУ**[1] с ы н. *Анық емес, көмескілеу, бұлыңғыр, әлсіз.*

**КҮҢГІРТТЕУ**[2] *Күңгіртте етістігінің қимыл атауы, күңгірт ету, қараңғылау.*

**КҮҢГІРТТІ** с ы н. *Күңгірт тартқан, сұрықсыз, жабырқау, қара қошқыл.*

**КҮҢГІРТТІК** з а т. *Жарық еместік, көмескілік, қараңғылық.*

**КҮҢДІК** з а т. к ө н е. *Әйелдердің бас бостандығы жоқтық, еріксіздік.*

**Күңдікте жүрді.** *Біреудің күңі болды, өмірі біреудің босағасында өтті.*

**КҮҢК** елік. *Қысқа айтылған түсініксіздеу көмескі дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күңк демеді**. *Дыбыс шығармады, үндемеді.* **Күңк етті.** *Келіспейтінін, қарсы екенін, наразылығын бәсең дауыспен көмескілеу, түсініксіздеу етіп, қысқа айтты, мыңқ ете қалды.*

**КҮҢ-КЕБЕШ** зат. көне. *Жарлы-жалшы, жоқ-жітік.*

**КҮҢКЕШТІЛІК** зат. *Қиыншылығы мол, жоқшылықпен күн көру, азапты өмір сүру.*

**КҮҢКИГЕН** сын. *Елеусіз, бар-жоғы белгісіз, көптің бірі ретінде тіршілік ететін, топ жарып ортаға шықпаған қарапайым.*

**КҮҢК-КҮҢК** елік. *Келіспеушілік, қарсылық білдірген жағдайда немесе бір жаңалықты өзара талқылай бастағанда туындайтын адамның ренжу, наразылану, таңғалу күйін жеткізетін түсініксіз дыбысты бейнелейтін сөз; пыш-пыш.*

**Күңк-күңк етті.** *Түсініксіз, баяу үн қатты, пыш-пыш етті.*

**КҮҢКІЛ** зат. **1.** *Ақырын ғана, естілер-естілмес етіп айтылған сөз.* **2.** *Өсек-аяң, қаңқу сөз.* **3.** *Наразылық, реніш.*

**Күңкіл қылды.** *Бетіне айтпай, сыртынан реніш білдірді, сөз етті.* **Күңкіл сөз.** *Наразылық, реніш, даурықпа әңгіме.* **Күңкіл шығарды.** *Ұрыс шығарды, наразылық білдірді.*

**КҮҢКІЛДЕ=** ет. **1.** *Ақырын сөйлеу, түсініксіздеу, естілер-естілмес етіп айту.* **2.** *Реніш білдіру, мыңқылдап мұрнының астынан сөйлеу, жақтырмаған күй таныту.* **3.** *Кеңкілдеп жылау, жоқтау айту.*

**КҮҢКІЛДЕГІШ** сын. *Не болса соны сөз етіп жүретін, ренжігіш, пәлеқор. // Әр нәрсені сөз ететін, пәлеқор адам.*

**КҮҢКІЛДЕК** сын. *Ұсақ сөзді, пәлеқор.*

**КҮҢКІЛДЕС=** ет. **1.** *Ақырын сөйлесу, өзара сыбырласу.* **2.** *Өкпе-наздарын әңгіме етісу, өзара сөз қылысу.*

**КҮҢКІЛДЕСУ** *Күңкілдес етістігінің қимыл атауы; сөйлесу, кеңесу, өзара сырласу, талқыға салу.*

**КҮҢКІЛДЕУ** *Күңкілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақырын, естілер-естілмес етіп сөйлеу.* **2.** *Жақтырмай наразылық білдіру, ренжіп, сөз қылу.*

**КҮҢКІЛ-СҮҢКІЛ** зат. сөйл. *Өсек-аяң, күңкіл-шүңкіл, пыш-пыш әңгіме.*

**КҮҢКІЛСІЗ** сын. *Күбір-сыбырсыз, өсек-аяңсыз.*

**КҮҢКІЛ-ШҮҢКІЛ** зат. сөйл. *Күбір-сыбыр, ұсақ әңгіме, күңкіл-сүңкіл.*

**КҮҢКІЛШІЛ** сын. *Өсекқұмар, өсек-аяңшыл, сөз тасығыш.*

**КҮҢСІ** = ет. *Жағымсыз иіс шығу, көңірсу.*

**Күңсіп жүре берді.** *Жайылды, тарады, етек алды.*

**КҮҢШАШ**[1] зат. өс. *Жалбыраған шаш сияқты дударланып өсетін қияқты ұзын шөп.*

**КҮҢШАШ**[2] зат. экспр. ***Күң.***

**КҮҢШІЛДІК** зат. сөйл. ***Күңшілік.***

**КҮҢШІЛІК** зат. *Күңдік, еріксіздік, қорлық, бас бостандығы жоқтық.*

**Күңшілік көрді.** *Күңдікте жүрді, бас бостандығы болмады, біреудің басыбайлы күңі болды.*

**КҮҢІРЕН=** ет. **1.** *Қайғылы, мұңды үн шығару, сай-сүйегін сырқыратып зарлы күй тарту.* **2.** *Күйініп зарлану, азалану, қапалану.* **3.** ауыс. *Күшті үн шығу, жаңғырығу, төңіректен даңғырлаған, дүңгірлеген дауыс естілу.* **4.** ауыс. *Азан-қазан, у-шу болу.* **5.** ауыс. *Қалың бұлт торлау, түнеру.*

**КҮҢІРЕНДІР=** ет. *Қайғылы, зарлы үнге толтыру, азаландыру, жаңғырту.*

**КҮҢІРЕНТ=** ет. **1.** *Қайғылы, мұңды үнге бөлеу (күй тарту).* **2.** *Зар қақтыру, зарлату.* **3.** ауыс. *Күшті үн шығарту, жаңғырықтыру; даусы дүр сілкінту.*

**КҮҢІРЕНУ** *Күңірен етістігінің қимыл атауы; күйініп зарлану, азалану, қапалану.*

**КҮҢІРЕНІС** зат. *Қайғы, шер.*

**КҮҢІРЕНІС=** ет. **1.** *Қайғы-мұңдарын шағысу.* **2.** ауыс. *Сай-сүйегін сырқыратып зарлы күй тарту.*

**КҮҢІРЕТ=** ет. сөйл. ***Күңірент.*** **1.** *Қайғы-мұңға толы зарлы күй тарту.* **2.** ауыс. *Күшті үн шығару, жаңғырықтыру, даңғыра қағу.*

**КҮҢІРЕУ** зат. сөйл. ***Күңгір.***

**КҮҢІРСІ=** ет. сөйл. ***Көңірсі.***

**КҮҢІРСІК** сын. сөйл. ***Көңірсік.***

**КҮҢІРСІТ=** ет. сөйл. ***Көңірсіт.***

**КҮП**[1] зат. *Қауіп, күдік, күмән.*

**КҮП**[2] зат. жерг. *Көктемгі қар суы сақталатын жер.*

**КҮП**[3] елік. *Суға сүңгігенде, шұңқырға, топыраққа т.б. секіріп не құлап түскенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күп берді.** *Тереңге іркілмей секіріп кетті, сүңгіп кетті.* **Күп дегізді**. *Күмп еткізді, тез салып жіберді; шұғыл, жедел.* **Күп ете түсті [күп ете қалды].** а) *Суға құлады, күмп етіп түсіп кетті.* ә) *Кенеттен тап болды, үстінен түсті, дәл төбесінен түсті.*

**КҮП**[4]**: күп болды [болып кетті].** *Барынша ісінді, быртиды, торсиды, күпшектей болды.* **Күп боп істі [семірді].** *Торсиып істі, быртиды; бойына ет, май жиналды.*

**КҮПӘЙКЕ** [ор. фуфайка] зат. сөйл. *Сырылған қысқа сырт киім.*

**КҮПӘНЕ** ор. зат. сөйл. ***Шөмеле.***

**КҮПЕК** зат. **1.** анат. <лат. preputium> *Ер адамның жыныс мүшесінің басын жауып тұратын тері.* **2.** *Еркек малдың жыныс мүшесін қаптап тұратын тері.*

**Күпек аурулары**. мед. *Ер балалардың жыныс мүшелеріндегі ұрпі аузының қабынып, зәр шығаруды қиындататын ауру.*

**КҮПЕ-КҮНДІЗ** үст. *Күндіздің өзінде, нақ күндіз, тал түсте.*

**КҮПЕКШЕ** зат. зерг. *Іші қуыс, сырты төңкерілген қазан, күмбез тәрізді күміс әшекей.*

**КҮПЕН** зат. көне. *Күрке, лашық.*

**КҮПЖІКТЕ=** ет. сөйл. ***Күбіжікте.***

**КҮПИ=** ет. *Өзінше ісіп-кебу, мардымсу, күмпию, әлдеқандай болу.*

**КҮПИТ=** ет. *Әлдеқандай ету, дардиту, күмпиту, лепірту.*

**КҮПКЕ** [ор. купка] зат. *Қышыма, қотыр сияқты ауруларды болдырмау мақсатымен қойды дәрілеген суға тоғытатын жер, шұңқыр.*

**КҮП-КҮҢГІРТ** сын. *Тым күңгірт, түнеріңкі, қою қараңғы.*

**КҮП-КҮП** елік. *Күбі піскенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күп-күп етті.** *Мақтанды, ісіп-кепті, өзіне-өзі сыймады.*

**КҮП-КҮРЕҢ** сын. **1.** *Барынша күрең, қызыл күрең, қою күрең.* **2.** *Тотыққан, қарауытқан, тұтыққан.*

**КҮПКІ** зат. жерг. ***Күпке.***

**КҮПСЕ**[1] сын. сөйл. ***Күпсек.***

**КҮПСЕ**[2]= ет. сөйл. ***Күпте.***

**КҮПСЕК**[1] зат. этн. *Қалың, өсік жүнді теріден жасалған төсеніш.*

**КҮПСЕК**[2] сын. *Үлпілдек, жұмсақ, бос, мамық.*

**Күпсек қар.** *Қалың жауған ұлпа қар.*

**КҮПСЕКТЕЙ** сын. *Күп боп іскен, быртиған.*

**КҮПСЕКТЕ=** ет. *Босату, қопсыту.*

**КҮПСЕР**[1] зат. көне. *Судан өткенде пайдаланылатын үрленген тері торсық.*

**КҮПСЕР**[2] зат. этн. жерг. **1.** *Ұзындығы тізеден түсіп тұратын сырмалы сырт киім.* **2.** *Әйелдер киетін мақталы шапанның түрі.*

**КҮПСЕРДЕЙ** сын. *Қалың, күмпиген.*

**КҮПСУ** *Күпсі етістігінің қимыл атауы; ісіп-кебу, күпіну.*

**КҮПСІ** сын. сөйл. ***Күпсек.***

**КҮПСІ=** ет. **1.** *Ісіп-кебу, күпіну, әлдеқандай болып дардию, дандайсу.* **2.** *Жетісу, болып-толу, асып-тасу.* **3.** *Көку, бөсу, лепіру.* **4.** *Қызбалана даурығу, желік біту, елігу.* **5.** *Маңғаздану, тәкаппарлану, асқақтау.*

**Күндей күпсіді.** фольк. *Асып-тасты, болып-толды.*

**КҮПСІК** сын. **1.** сөйл. ***Күпсек.*** **2.** ауыс. *Мылжың, көпірме. // Күлкі тудыратын сөз.*

**КҮПСІН=** ет. *Өз-өзінен ісініп-кебіну, күпіну, әлдеқандай болып дардию.*

**КҮПСІНУ** *Күпсін етістігінің қимыл атауы; паңдану.*

**КҮПСІТ=** ет. *Өсіре айту, көпсіту, барынша әсірелеп айту.*

**КҮПТЕ=** ет. көне. этн. **1.** *Кебеже, сандық, киіз үйдің сүйегін т.б. сыртын жез қаңылтырмен, мыспен айналдыра қаптау.* **2.** *Киіз үйдің сүйегін, ер-тұрманды және т.б. күміспен қаптап әшекейлеу.*

**КҮПТЕЙ** сын. **1.** *Күмпиген, қалың.* **2.** *Үлкен, семіз, күпшектей, етжеңді.* **3.** *Быртиып ісіп кеткен, күлтілдеген.*

**Күптей болды.** *Быртиып істі, қампиды, торсиды.*

**КҮПТЕЛ=** ет. *Сырты айналдыра қапталу, күміс т.б. бағалы заттармен әшекейлену.*

**КҮПТЕН**[1]**=** ет. *Күдіктену, іштей қобалжу, уайымдау.*

**КҮПТЕН**[2]**=** ет. *Мақтану, ісініп-кебіну, күпсіну.*

**КҮПТІ** сын. **1.** *Шектен тыс, мейлінше тойған.* **2.** ауыс. *Күдікті, дүдамал; көңіл күйіне әсер етіп мазалайтын, қобалжытатын.*

**Күпті болды.** а) *Майлы, күшті тамақты жегеннен кекірігі азып, ас қорыту жүйесі бұзылды.* ә) *Қобалжыды, уайымдады, алаң болды.* **Күпті болу.** *Майлы, күшті тамақты шамадан артық жегеннен асты сіңіре алмау, іші, қарны тырсию.* **Күпті етті [қылды].** а) *Майлы, күшті асты аямай, мол беріп, денсаулығын бұзды, қарнын қампайтты, тойдырды.* ә) *Мазалады, бейжай етті, тынышын алды, қобалжытты.* **Күпті көңіл.** *Күмәнды, күдікті көңіл.*

**КҮПТІГЕЙ** сын. **1.** *Қамығыңқы, жабырқаңқы, күпті, мазасызданған.* **2.** *Күдікті, дүдәмал, жұмбақ, екіұшты.*

**КҮПТІЛЕУ** сын. *Күмәнділеу, күдіктілеу.*

**КҮПТІЛІ** сын. *Күпті, күдікті болған.*

**КҮПТІЛІК** зат. *Күдіктілік, екіұштылық, күмәнділік, толқушылық.*

**КҮПШЕК** зат. **1.** *Арба дөңгелегінің білік кигізілетін, шабақтар қондырылатын тесіктері бар ортан бөлігі.* **2.** тех. *Механизмдер мен аспаптардың білік немесе басқа бір деталь сұғылатындай өзектік тесігі бар, цилиндр не конус пішінді бөлшегі.*

**Күпшек сан.** *Саны жуан, жұмыр.* **Күпшек санды бие**. *Жұмыр саны бар бие.*

**КҮПШЕКТЕ=** ет. *Күпшектің жерге тиіп қалуы, көліктің бір батып, бір шығып, ақырындап жүруі.*

**КҮПШЕКТЕЙ** сын. *Өте үлкен, жуан, күптей.*

**Күпшектей болып істі.** *Быртиып істі, күптей болды.*

**КҮПШЕКТЕН=** ет. *Жуандау, жұмырлану, толу.*

**КҮПІ**[1] зат. **1.** этн. *Матамен тысталған тері тон.* **2.** этн. *Ішіне жабағы, жүн салып тігілген сырт киім, шапан.* **3.** этн. *Жеңіл сырт киім, жағасы бар, етегі ұзын жұқа шапан, плащ.* **4.** этн. *Ішіне түйенің жүні салынған көрпе, жамылғы.* **5.** ауыс. *Жүн.* **6.** ауыс. *Ұлпа қар.*

**Күпі көрпе**. этн. жерг. *Ішіне түйе жүні салынған көрпе.* **Күпісіне сыймады.** *Терісіне сыймады, асып-тасты, ширенді, болып-толды.*

**КҮПІ**[2]**: апы кіріп, күпі шықты.** *Асып-састы, абыржыды, сасқалақтады.*

**КҮПІ=** ет. *Лепіру, бөсу, мақтану.*

**КҮПІЛ** зат. *Бөспе сөз, мақтаншақтық.*

**КҮПІЛДЕ=** ет. **1.** сөйл. *Дыбыстың қатты шығуы, сампылдап анық естілу.* **2.** ауыс. *Лепіру, бөсу, мақтану, ісіп-кебу.* **3.** ауыс. *Қобалжу, лүпілдеу.*

**КҮПІЛДЕК**[1] зат. сөйл. *Піспектің басына бекітілген тесік-тесік тақтайша.*

**КҮПІЛДЕК**[2] сын. *Мақтаншақ, лепірме, бөспе. // Лепірме, бөспе адам.*

**КҮПІЛДЕС=** ет. *Екпіндеу, күшею, қоқилану, ісініп-кебінісу.*

**КҮПІЛДЕТ=** ет. *Күбідегі айранды піспекпен жоғары-төмен сапырып қозғап пісу.*

**КҮПІЛДЕУ** *Күпілде етістігінің қимыл атауы; лепіру, бөсу, мақтану.*

**КҮПІЛДІК** зат. *Бос сөз, мақтан, күпілдек.*

**КҮПІЛІ** сын. **1.** *Күпі киген, күпісі бар.* **2.** *Жүні қалың.*

**КҮПІН=** ет. *Мақтану, күпілдеу, ісініп-кебіну, лепіру.*

**КҮПІНІҢКІРЕ=** ет. *Мақтаныңқырау, бөсіңкіреу.*

**КҮПІР** [ар. كفر] зат. **1.** діни. *Құдайға иланбаушылық, иманы жоқтық.* **2.** діни. *Исламды мойындамау немесе оның талаптарын бұзу, кәпірлік.* **3.** ауыс. *Теріс, қате.*

**Күпір болды.** а) діни. *Діннен шықты, дін жолынан адасты, күнәға батты.* ә) *Күнәлі, жазықты болды.* **Күпір мінез.** *Шәлкес, теріс қылық.*

**КҮПІРЕ** зат. жерг. ***Кебек.***

**КҮПІРЛЕН=** ет. *Күпірлік жасау.*

**КҮПІРЛЕНУ** *Күпірлен етістігінің қимыл атауы. Менменсіп, тәкаппарлану.*

**КҮПІРЛІ** сын. діни. *Құдайға, дінге қарсы, күнәлі. // Жазықты, айыпты адам.*

**КҮПІРЛІК** зат. *Құдайға, дін жолына қарсы іс, күнә; астамшылық.*

**Күпірлік етті [келтірді].** *Ислам талаптарын бұзды, күнә жасады.*

**КҮПІР-СҮПІР** зат. сөйл. *Дін жолына теріс әртүрлі іс, қылмыс.*

**КҮПІРСІ=** ет. сөйл. *Күпірлену, күпір болу.*

**КҮПІРШІЛІК** зат. *Күнәға батушылық, күпірлік.*

**КҮПІС=** ет. *Мақтанысу, лепірісу, ісіп-кебу.*

**КҮР** зат. кәсіб. *Теңіз жағасында пайда болатын мұз шоғыры.*

**КҮРБЕК** зат. өс. *Қабығы қалың, еті жұмсақ, дәмі тәтті қауын.*

**КҮРБЕЛДЕУ** сын. жерг. *Жастау, жасырақ, жасы кіші.*

**КҮРБЕЛЕКТЕ=** ет. *Күйбежектеу, тартыншақтау, сасқалақтау.*

**КҮРБИ=** ет. *Күржию, күжірею, қорбию.*

**КҮРБІК** зат. кәс. *Қабығы қалың, еті жұқа тәтті қауын.*

**КҮРБІН=** ет. *Күйбежектеу, тартыншақтау, қорыну.*

**КҮРГЕЙЛЕ=** ет. **1.** *Көлегейлеу, тасалау, бүркеу.* **2.** *Қамалау, қоршау, жан-жақты қоршалау.*

**КҮРГЕЛЕ=** ет. *Бүркемелеу, жасыру.*

**КҮРД** зат. *Еуропалық нәсілдің алдыңғы азиялық тобына жататын халық.*

**Күрд тілі**. *Үндіеуропа тілдері шоғыры иран тілдері бұтағының солтүстік-батыс тобына жататын тіл.*

**КҮРДЕ** зат. этн. *Асау биені сауарда мойын жіпке артқы аяғының бірін тірсегінен іліп қоятын арқан.*

**КҮРДЕЖІП** зат. *Асау биені сауғанда тептеу үшін алдыңғы бір аяғын мойнынан асып байлайтын жіп.*

**КҮРДЕК**[1] зат. жерг. *Жас төл мен арық малға арналған қора.*

**КҮРДЕК**[2] сын. *Қауқиған, аумақты.*

**КҮРДЕК-КҮРДЕК** сын. *Топ-топ, шоқ-шоқ.*

**КҮРДЕКШЕ** зат. сөйл. ***Күртеше*** *(дене жылуын сақтап тұратын және қимылдауға қолайлы жеңсіз кеудеше).*

**КҮРДЕЛЕ=** ет. этн. *Жылқының мойнына арқан байлап, арқанның екінші ұшын шоқтығынан асырып немесе қолтығының астынан, яғни бақайынан түйықтап өткізіп, күшпен тартып, артқы аяғын көтеруіне мәжбүр ету.*

**Күрделеп жығу**. этн. *Жылқыны жығудың тәсілі.*

**КҮРДЕЛЕН=** ет. **1.** *Арту, көбею, күшею, молаю.* **2.** *Ауырлау, қиындау, ірілеу.* **3.** *Өсіп-жетілу, даму, өркендеу.*

**КҮРДЕЛЕНДІР=** ет. **1.** *Қиындату, ауырлату.* **2.** *Жетілдіру, дамыту.*

**КҮРДЕЛЕНДІРУ** *Күрделендір етістігінің қимыл атауы; жетілдіру, дамыту.*

**КҮРДЕЛЕНТ=** ет. *Әр құрамды; жан-жақты ету, жетілдіру.*

**КҮРДЕЛЕНУ** *Күрделен етістігінің қимыл атауы; өсіп-жетілу, даму, өркендеу.*

**КҮРДЕЛЕНУШІЛІК** зат. *Дамушылық, қиындаушылық.*

**КҮРДЕЛЕНІЛ=** ет. *Ірıленілу, әр құрамды, жан-жақты етілу, дамытылу.*

**КҮРДЕЛЕУ** *Күрделе етістігінің қимыл атауы.*

**КҮРДЕЛІ** сын. **1.** *Неше түрлі бөліктен тұратын, көп құрамды.* **2.** *Негізгі, басты, көрнекті, ірі, қомақты.* **3.** *Елеулі, маңызды, қиын, өзекті.* **4.** *Оқиғаға толы, ауыртпалығы мен қиыншылығы көп, шым-шытырық.* **5.** жерг. *Қалың, мол.* **6.** ауыс. *Оңай емес, қиын.* **7.** ауыс. *Ауыр, қауіпті.* **8.** ауыс. *Кең, іргелі.*

**Күрделі еңбек.** *Еңбеккерлердің мамандануын, арнайы дайындықты қажет ететін еңбек.* **Күрделі етістік.** лингв. *Сөз тіркесімен берілген етістік.* **Күрделі жанартау**. геол. *Бірнеше шоғағы мен кратері бар жанартау құрылысы.* **Күрделі жиынды командалары бар компьютер**. инф. <ағыл. complex instruction set computer> *Күрделі мәшинелік командаларды жүзеге асыратын процессор.* **Күрделі жөндеу**. *Толық, түгелдей қайта жөндеу.* **Күрделі жұмсалым**. экон. *Негізгі және айналым қорларының көлемін ұлғайтуға және құрылымын жақсартуға жұмсалатын бір жолғы шығынның сомасы.* **Күрделі жұмсалымды қорғау**. экон. *Мемлекетаралық деңгейде ресімделетін шетелдік инвесторлардың мүдделерін қорғау жөніндегі экономикалық, құқықтық және ұйымдық шаралар жүйесі.* **Күрделі жұмсалымның ұдайы өндірістік құрылымы**. экон. *Күрделі жұмсалымның негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне жұмсалатын шығындардың сипатына тәуелді құрамы.* **Күрделі жұмсалымның экономикалық тиімділігі**. экон. *Негізгі құрал-жабдықты құруға немесе дамытуға арналған күрделі жұмсалымдардың шамасы мен алынған нәтижелердің арасалмағы* . **Күрделі жүйе**. инф. <ағыл. informalized system> *Дәл сипаттамасы ғылыми мәселені білдіретін жүйе.* **Күрделі зат**. хим. *Молекулалары әртүрлі элементтердің атомдарынан құралған заттар.* **Күрделі зерттеу**. *Жан-жақты, толық түрде терең, байсалды зерттеу.* **Күрделі интервал.** муз. *Октавадан жоғары тондардың арақатынасы.* **Күрделі кен жұмыстары.** кен. *Ашық әдіспен қазу кезінде ашатын (күрделі орлар) және жарма (жарма орлар немесе қазаншұңқырлар) кен қазбаларын жүргізу, пайдалы қазылым шоғырын жауып жатқан және жанартаужыныстарды әкету және алғашқы үйінді түргызу жөніндегі бүкіл жұмыс кешені.* **Күрделі қазба.** кен. *Жер астында қазылған кенді сыртқа шығару, жұмыс орындарын жер үстімен және шахта оқпанымен байланыстыру, жұмысшылардың және кен қазғыш, тасығыш мәшине-механизмдердің қатынасы үшін жүргізілетін қазбалар.* **Күрделі қаражат салымы.** сушар. *Суармалы жерге жұмсалатын ақша қаражаты, жаңа суармалы жерді пайдалану кезінде су құрылыстарын қалпына келтіруге арналған қаржы.* **Күрделі қаржы.** а) экон. *Ірі құрылыстарға бөлінген ақша.* ә) экон. *Негізгі капиталға (негізгі құрал-жабдыққа) жұмсалатын инвестиция, экономика салаларында негізгі қорларды жасауға, ұдайы қалпына келтіруге жұмсалатын материалдық, экономикалық және қаржы қорларының (құндық, ақшалай бағамен) жиынтығы.* **Күрделі құрылыс.** а) құр. *Өндірістік және бейөндірістік негізгі қорлардың қайта жаңғыртылуын қамтамасыз ететін әзірлік жүйесі, өзінің барлық нысандарында мемлекет тарапынан барынша қатаң тәртіпке бағындырылған құрылыс түрі.* ә) экон. *Экономиканың өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорлардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін саласы.* **Күрделі минералдық тыңайтқыштар**. хим. *Қатты немесе сұйық кешенді минералдық тыңайтқыштар.* **Күрделі нәруыздар.** биол. *Нәруыздардың нәруыз емес заттармен биологиялық белсенді кешендері.* **Күрделі сөз**. лингв. *Сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалатын екі немесе одан да көп түбірден құралған сөз.* **Күрделі тас.** спорт. *Шахматтағы ферзь бен ладья фигураларының жиынтық аты.* **Күрделі эфирлі конденсация.** хим. *Сілтілік ортада құрамдарында активтелген метилен немесе метин топтары бар карбон қышқылдары эфирлерінің екі молекуласының арасында жүретін химиялық реакция.*

**КҮРДЕЛІГҮЛДІЛЕР** зат. бот. <лат. compositae> *Қос жарнақты өсімдіктердің бір тұқымдасы.*

**КҮРДЕЛІ-КҮРДЕЛІ** сын. *Өте күрделі, мәнді, маңызды.*

**КҮРДЕЛІЛЕН=** ет. *Ірілену, жетілу, қиындау.*

**КҮРДЕЛІЛЕНУ** *Күрделілен етістігінің қимыл атауы; ірілену, жетілдірілу, даму, өркендеу.*

**КҮРДЕЛІЛЕУ** сын. *Қиындау, күрделірек, ауырлау.*

**КҮРДЕЛІЛІК** зат. **1.** *Қиындық, шым-шытырықтық.* **2.** *Маңыздылық, мәнділік, жауаптылық.* **3.** инф. <ағыл. complexity> *Өңделетін мәліметтердің көлеміне байланысты осы алгоритм сипаттайтын бағдарламаның орындалу уақытына тәуелділікті анықтайтын алгоритм сипаттамасы.*

**КҮРДЕЛІРЕК** сын. **1.** *Көп құрамды, әр жақты, сан қырлы.* **2.** ауыс. *Қиынырақ, ауырлау.* **3.** ауыс. *Жетілген, дамытылған.*

**КҮРЕ**[1] сын. *Негізгі, басты, өзекті, маңызды.*

**Күре жол.** *Үлкен жол, даңғыл жол.* **Күре із.** *Қар бетіне түскен айқын, анық із.*

**КҮРЕ**[2] зат. ескікіт. *Мешіт.*

**КҮРЕ**[3] зат. көне. *Будда дініндегілердің құлшылық жасаушылардың ғибадатханасы.*

**КҮРЕ=** ет. *Күрекпен жинау, ысыру.*

**Күреп алды.** *Мол алды, шаш етектен, белшеден батты, молшылыққа тап болды.*

**КҮРЕГЕЙЛЕ=** ет. сөйл. ***Күргейле.***

**КҮРЕК** зат. **1.** *Үш жағы жұқа, жалпақ темірден не ағаштан жасалған, қазуға, күреуге арналған шаруашылық құралы.* **2.** *Ескек.*

**Күрек алу**. *Қар күреу, қар тазалау.* **Күрек аршысты**. *Қар тазаласты.* **Күрекке боқ табылады.** *Қайратың болса далада қалмайсың, екі қолға бір жұмыс табылады деген мағынада.* **Күрек сақал.** *Үш жағы сүйір қауға сақал.* **Күрек тіс.** анат. <лат. dentes incisivi> а) *Ауызды ашқанда алдымен көзге түсетін үстіңгі екі тіс.* ә) *Малдың алдыңғы тістері.* **Күрек тісін көрсетті.** *Күлді, ыржиды.*

**КҮРЕКАЯҚТЫ: күрекаяқты ұлу**. зоол. <лат. scaphopoda> *Моллюскілер типінің бір класы.*

**КҮРЕКТЕ=** ет. *Күрекпен қазу, күрекпен жинау, лақтыру.*

**Күректеп алды [тапты]**. сөйл. ***Күреп алды.*** **Күректеп шашты.** *Беталды жұмсады, ысырап етті.*

**КҮРЕКТЕЙ** сын. *Күрек сияқты, күрек тәрізді, күрек пішіндес, сүйір.*

**КҮРЕКШЕ** зат. *Кішкене күрек.*

**Күрекшелі конвейер.** тех. *Науадағы немесе құбырдағы жүктерді қалақшаларымен жылжытатын қондырғы.*

**КҮРЕКШІ** зат. *Күрекпен жұмыс істейтін адам, күрекпен тиеуші, қазушы.*

**КҮРЕЛ=** ет. *Күрекпен жиналу, ысырылу, тазалану.*

**КҮРЕН** зат. ескікіт. *Қол, әскер, жасақ.*

**КҮРЕҢ** сын. **1.** *Қызыл қоңыр, қошқылтым.* / *Қызыл қоңыр, қошқылтым түс.* **2.** *Түгінде қызғылт-қоңыр қылшығы басым (жылқы).* **3.** ауыс. *Жабырқаңқы, қуаң, түнжыр.*

**Күрең бие.** *Қызыл қоңыр, қошқылтым түсті бие.* **Күрең жол.** *Кең, даңғыл жол.* **Күрең жон.** *Күрең тартып жатқан жон, қырат.* **Күрең күз.** поэт. *Жабығыңқы, қуаң, түнжыр күзгі уақыт.* **Күрең қабақ.** *Көңілсіз, ренішті, түнжыр, түнерген жүз.* **Күрең қабақ [қабақтау] болды.** *Ұрысты, ренжісті.* **Күрең қабақтанды.** *Түнжырады, ренжіді, налыды.* **Күрең қошқыл.** *Қошқылданған қою қызыл (түс).* **Күрең қызыл.** *Күреңденген қызыл түс.* **Күрең мұң.** *Реніш, жабырқаңқы көңіл күй.* **Күрең сары.** *Күрең тартқан қою сары түс.* **Күрең тартты.** *Күреңденді, күреңітті.* **Күрең тау.** *Қызғылтым түсті, қоңырқай тартқан тау.* **Күрең төбел.** *Маңдайында төбелі бар күрең жылқы.* **Күрең төбелденді.** *Күрең тартып өзгерді, құбылды.* **Күрең [қозы күрең] шай.** *Қаймақ, сүт қатқан (құйған) қою шай.*

**КҮРЕҢДЕ=** ет. *Күрең түске ену, күреңіту.*

**КҮРЕҢДЕН =** ет. *Күрең тарту, күрең түске ену.*

**КҮРЕҢДЕНДІР=** ет. *Күрең тарттыру, күрең түске енгізу.*

**КҮРЕҢДЕТ=** ет. *Түсін күрең ету.*

**КҮРЕҢДЕУ** сын. *Күрең тартқан, солғын күрең түсті.*

**КҮРЕҢКЕЙ**[1] зат. өс. *Өлеңшөптің бір түрі.*

**КҮРЕҢКЕЙ**[2] сын. ***Күреңдеу.***

**КҮРЕҢОТ** зат. өс. <лат. epilobium> *Күреңот тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік немесе шала бұта.*

**Күреңот тұқымдасы.** бот. <лат. onagraceae> *Қос жарнақты, бір не көпжылдық шөптесін, бұташық өсімдіктер.*

**КҮРЕҢОТТАР** зат. бот. <лат. onagraceae> ***Күреңот тұқымдасы.***

**КҮРЕҢСЕ**[1] зат. өс. <лат. beckmannia> *Астық тұқымдасы, бекмания туысына жататын саздау жерге шығатын шабындық шөптесін өсімдік.*

**КҮРЕҢСЕ**[2] сын. *Күреңдеу, күреңіткен.*

**Күреңсе тартты.** *Күреңітті, күреңденді.*

**КҮРЕҢСЕЛІ** сын. *Күреңсе өскен.*

**КҮРЕҢШЕ** зат. сөйл. ***Күреңсе***[1].

**КҮРЕҢІТ=** ет. *Күрең тарту, күреңдену.*

**КҮРЕС** зат. **1.** *Екі адамның белдесіп, бірін-бірі жығуды, жауырынын жерге тигізуді мақсат етіп күш сынасуы.* **2.** саяси. *Бас бостандығы, ұлт азаттығы үшін қарама-қарсы көзқарастағы топтар арасында болатын тартыс, қақтығыс, шайқас, соғыс.* **3.** филос. *Алуан түрлі қарама-қайшылықтардың арасындағы талас, тартыс, дау, бірін-бірі жеңу жолындағы қимыл, әрекет.* **4.** *Адамдардың табиғатты қорғау, азық-түлік молшылығын жасау, бақытты өмір сүру жолындағы қимыл-әрекеті, еңбегі, шара қолдануы, алдын алуы.*

**Күрес ашты.** *Шара қолданды.* **Күрес ашу.** *Қарсыласу, күрес жариялау.* **Күрес жүргізу.** *Шара қолдану, қарсы амалдар жасау.* **Күреске салды.** *Ұрыс-соғыста пайдаланды.* **Күреске түсірді.** *Күрестірді, күш сынастырды.*

**КҮРЕС=** ет. *Бірге күреу, ысырысу.*

**КҮРЕСКЕР** зат. **1.** сөйл. *Күреске түсетін адам, палуан.* **2.** *Халық мүддесі үшін күресуші адам, қайраткер.*

**КҮРЕСКЕРЛІК**[1] зат. *Аянбай күресушілік, қайраткерлік.*

**КҮРЕСКЕРЛІК**[2] сын. *Күрескерге тән, күрескерге қатысты.*

**КҮРЕССІЗ** үст. *Күреспей, тартыссыз.*

**КҮРЕСТЕС** сын. *Қиын-қыстауда бірге болған, бірге күрескен, мүдделері бір, майдандас.*

**КҮРЕСТІР=** ет. *Бірін-бірі жығуды мақсат етіп күш сынастыру.*

**КҮРЕСТІРУ** *Күрестір етістігінің қимыл атауы; күш сынастыру, алыстыру.*

**КҮРЕСТІРІЛ=** ет. *Күш сынастырылу, күреске түсірілу.*

**КҮРЕСУ** *Күрес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шайқасу, алысу, қарсы әрекет ету, қарсыласу.* **2.** *Шара қолдану, қарсы амалдар жүргізу.*

**КҮРЕСУШІ** зат. ***Күрескер.***

**КҮРЕСШІ** зат. *Күрескер, халық мүддесін қорғау мақсатымен тынымсыз еңбектеніп, әрекет жасаушы қайраткер, күрес жүргізуші.*

**КҮРЕСШІДЕЙ** сын. *Күресші сияқты, күресші тәрізді, палуандай.*

**КҮРЕСШІЛ** сын. *Күресті сүйетін, күресқұмар.*

**КҮРЕСШІЛДІК** зат. *Күреске берілгендік, күресқұмарлық.*

**КҮРЕСІН** зат. **1.** *Күрелген қардың үйіндісі, күртік үйінді.* **2.** *Қары күрелген жер.* **3.** *Күл, қоқсық үйілген жер.*

**КҮРЕТАМЫР** зат. **1.** анат. <лат. vena және jugularis – мойындырық> *Қан жүретін үлкен тамырлар, негізгі қан жолы.* **2.** ауыс. *Негізгі тетік, өзек.*

**Күретамырын адырайтты.** *Қызараңдады, қызбалық көрсетті.*

**КҮРЕУ** *Күре етістігінің қимыл атауы; күректі пайдаланып қарды, малдың қиын т.б. нәрселерді ысырып тазалау.*

**КҮРЕУКЕ** зат. сөйл. ***Кіреуке.***

**КҮРЕУЛІ** сын. *Күреп, тазалап қойған.*

**КҮРЕШ** ор. зат. жерг. *Ақша, теңге.*

**КҮРЕШКЕ** [ор. кружка] зат. *Тұтқалы, қалайы қаңылтырдан жасалған су (шай) ішуге арналған шағын ыдыс.*

**КҮРЖЕҢДЕ=** ет. *Қалбалақтау, бүрсеңдеу, бүкірейіп, күжірейіп жүру.*

**КҮРЖИ=** ет. **1.** *Желке, жауырын тұсының күжірейюі, томпаюы.* **2.** *Қорбию, оралымсыз, үлкен болып көріну.*

**КҮРЖИТ=** ет. *Желке, жауырын тұсын күжірейту.*

**КҮРЖИІҢКІРЕ=** ет. *Күржие түсу.*

**КҮРЖІ**[1] зат. сөйл. ***Күрзі.***

**КҮРЖІ**[2] зат. жерг. *Қоржынның аузындағы ілгек.*

**КҮРЖІК** сын. *Бүкір, құныс, жауырыны томпайған.*

**Күржік жауырын.** *Томпақ жауырын.*

**КҮРЖІКТЕУ** сын. *Бүкірейген, еңкіш тартқан, жауырыны томпақтау.*

**КҮРЖІКТІК** зат. *Жауырыны томпақтық, еңкіштік.*

**КҮРЖІЛЕ=** ет. жерг. *Қоржынның аузын бекітіп байлау, ілгектеу.*

**КҮРЖІҢДЕ=** ет. *Күржің-күржің ету, мықшыңдау, құржыңдау.*

**КҮРЖІҢДЕТ=** ет. *Күржің-күржің еткізу, мықшыңдату, құржыңдату.*

**КҮРЗІ**[1] [ир. گرز] зат. көне. *Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған шоқпар тәрізді қару.*

**КҮРЗІ**[2] зат. сөйл. ***Күрсі.***

**КҮРЗІДЕЙ** сын. *Күрзі сияқты, күрзі тәрізді.*

**КҮРЗІКЕШ** зат. *Күрзі жұмсаудың шебері.*

**КҮРЗІЛЕС=** ет. *Күрзі сілтесу, күрзі жұмсап шайқасу.*

**КҮРЗІЛІ** сын. *Күрзісі бар, күрзімен қаруланған.*

**КҮРЗІ-МҮРЗІ** зат. сөйл. *Күрзі және т. б. қару-жарақ.*

**КҮРК** еліk. *Тамақты қырнай жөтелгенде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрк етті.** *Қысқа, келте үн (жөтел т. б.) шықты.*

**КҮРКЕ** зат. **1.** *Көшуге өте қолайлы, икемді, шағын баспана, лашық, шайла, итарқа.* **2.** *Малға, құсқа жасалған қора, ықтасын.* **3.** сөйл. *Дүкен.*

**Күркесі құлады.** *Түтіні өшті, үйі иесіз қалды.*

**КҮРКЕДЕЙ** сын. *Күрке сияқты, күрке тәрізді.*

**КҮРКЕ-КҮРКЕ** сын. *Топ-топ, шоқ-шоқ.*

**КҮРКЕЛЕ=** ет. **1.** *Күрке сияқты ету.* **2.** ауыс. *Қорғаштау, бүркемелеу, жан-жағынан қымтап бастырмалау.* **3.** ауыс. *Жасыру, байқатпау, көрсетпеу.*

**КҮРКЕЛЕН=** ет. *Күрке тәріздену, күрке сияқтану.*

**КҮРКЕЛІ** сын. *Күркесі бар, күрке тіккен.*

**КҮРКЕЛІК** сын. *Күрке жасауға жететін, күрке боларлық.*

**КҮРКЕТАУЫҚ** зат. зоол. *Тауық тәріз-ділер отряды, күркетауық тұқымдасына жататын тауықтан гөрі мойын, сирағы ұзындау, ірілеу үй құсы.*

**КҮРКЕШЕ** зат. *Күркенің кішірек, шағын түрі, күркешік.*

**КҮРКЕШІК** зат. *Кішкене күрке, күркеше, пана боларлық шағын ықтасын.*

**КҮР-КҮР** еліk. *Күрілдеген, күркіреген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күр-күр еткізді.** *Күрілдеген, күр-күр еткен дыбыс шығарды.* **Күр-күр етті.** а) *Күр-күр еткен дыбыс шығарды, гүрілдеді, бұрқ-сарқ етті.* ә) *Гүж-гүж етті, арпылдады.*

**КҮРК-КҮРК** еліk. *Күркілдеген дыбыстың дүркін-дүркін қайталануын бейнелейтін сөз.*

**Күрк-күрк етті.** *Күркілдеген дыбыс шығарды.* **Күрк-күрк жөтелді.** а) *Өкпе, тыныс жолдары қабынған адам, мал дүркін-дүркін жөтелді.* ә) бейн. *Зеңбірек т.б. дүркін-дүркін атылды.*

**КҮРКІЛ** зат. *Жөтелгенде шығатын жағымсыз, ащы дыбыс.*

**КҮРКІЛДЕ=** ет. **1.** *Өкпе, тыныс жолдары ауырған адамның, малдың дүркін-дүркін, күрк-күрк етіп жөтелуі.* **2.** *Бураның шабынуы, жарау.* **3.** *Тауықтың шөжелеріне үн қатуы, дыбыс білдіруі.* **4.** *Судан гүрілдеген шу шығу.* **5.** *Мотор үнінің толқынданып естілуі.*

**КҮРКІЛДЕК** сын. *Күркілдей беретін, көп жөтелетін.*

**КҮРКІЛДЕС=** ет. *Күбірлесу, күбір-күбір етісу, өзара сыбырласу.*

**КҮРКІЛДЕТ=** ет. **1.** *Күрк-күрк еткізіп жөтелдіру.* **2.** ауыс. *Зеңбіректі гүрсілдетіп ату.*

**КҮРКІЛДЕУ** *Күркілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күрк-күрк жөтелу, адамның не малдың қолқасын, тамағын қырып шыққан жағымсыз дауыстың естілуі.* **2.** *Тауық, көптер т.б. құстардың күрк-күрк еткен дыбыс шығаруы.*

**КҮРКІН** зат. кәс. *Көлдің, өзеннің жағаларында жүретін ұсақ балық.*

**КҮРКІР** зат. **1.** *Бұлтты күндері найзағай жарқылдағанда пайда болатын жаңғырыққан дыбыс.* **2.** *Тасқындап аққан өзен суының шуылы.* **3.** *Мотор үні, техникалық құрылғылардың гүрілі.* **4.** *Оқ атылғанда пайда болатын жаңғырық.*

**КҮРКІРЕ =** ет. **1.** *Найзағай жарқылдаған кезде жаңғырыққан күшті дыбыстың естілуі.* **2.** *Бұрқырап-сарқырау, күрілдеу, сарылдау.* **3.** *Күжілдеу, барқырау, қолқа тамақты қырып, керней шыққан жуан дауыстың естілуі.* **4.** *Оқ атылып, гүрсілдеу, жаңғыру.* **5.** *Мотордың жұмыс істеуі, гүрілдеу.* **6.** ауыс. *Асып-тасу, болып-толу, дәуірлеу.*

**КҮРКІРЕК** зат. *Күркіреп тұратын, тынымсыз күркілдейтін дыбыс.*

**КҮРКІРЕП-САРҚЫРА=** ет. *Неше түрлі үнмен күркіреу, ерсілі-қарсылы сапырылысып сарқырау.*

**КҮРКІРЕС=** ет. **1.** *Жаңғырыққан күшті дыбыс шығарысу, күркілдесу.* **2.** *Өзен суының тасқындап ағуы, сарылдап, сарқырасу.*

**КҮРКІРЕТ=** ет. *Жаңғырыққан күшті дыбыс шығарту, гүрілдетіп жаңғырықтыру.*

**КҮРКІРЕУ** *Күркіре етістігінің қимыл атауы; күшті дыбыс шығару.*

**КҮРКІРЕУІК** сын. **1.** *Күр-күр еткен, гүрілдек.* **2.** *Күрілдеген, ағыны күшті. // Сарқырама, құлама.*

**Күркіреуік газ.** хим. *Екі көлем сутек, бір көлем оттектен тұратын газ.* **Күркіреуік сынап.** физ. *Жылудан немесе механикалық әсерден жарылатын және өз детонациясы арқылы басқа жарғыш заттардың жарылысын туғызатын бастамашы жарғыш зат.*

**КҮРЛЕ=** ет. жерг. **1.** жерг. *Күрілдеу, күркіреу.* **2.** ауыс. *Дәуірлеу, дүрілдеу, қолы жүру.*

**КҮРЛЕН=** ет. жерг. *Жұқа қабыршақтану, қаймақшу.*

**КҮРМЕ** зат. жерг. **1.** *Кеудеге киетін, матадан арасына мақта немесе жүн салынып, қалыңдатылып тігілген жеңсіз киім.* **2.** *Костюм ішінен киетін жеңсіз киім, көкірекше.*

**КҮРМЕ=** ет. **1.** *Арқан, жіпті, бауды ілгектеп байлау.* **2.** ауыс. *Қарым-қатынасы ажырамастай етіп байланыстыру.* **3.** ауыс. *Тежеу, кедергі жасау, еркіне жібермеу.*

**Күрмеп байлау.** этн. *Арқан, жіпті қолдың басына орап барып әрі берік, әрі тез шешілетін етіп, ілмектеп байлау.*

**КҮРМЕК** зат. өс. <лат. echinochloa macrocarpa> **1.** *Астық тұқымдасы, қонақ туысына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік; күріш арасында өсетін арам шөп.* **2.** *Күріштің арасында араласып жүретін дәні.*

**КҮРМЕКСІЗ** сын. *Күрмегі жоқ, күрмек араласпаған.*

**КҮРМЕКТЕ=** ет. *Шандып байлау, күрмеу.*

**КҮРМЕЛ=** ет. **1.** *Ілмектеп байлану, шиелену, түйінделу.* **2.** ауыс. *Бөгелу, іркілу, тосылу, кедергіге кезігу.* **3.** ауыс. *Тұтығу, күмілжу, ашық айта алмау, сасқалақтап булығу.* **4.** ауыс. *Бүркелу, көмілу, тұншығу, бастырылу.*

**КҮРМЕЛДІР=** ет. *Нәшіне келтіру, ой ерекшелеу.*

**КҮРМЕЛЕ=** ет. *Күрмеп байлау, шанду.*

**КҮРМЕЛУ** *Күрмел етістігінің қимыл атауы; тұтығу, күмілжу, шатасу.*

**КҮРМЕЛУЛІ** сын. *Күрмеліп байланған.*

**КҮРМЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Тұтығыңқырау, кекештеніңкіреу, күмілжіңкіреу.*

**КҮРМЕТІЛ=** ет. сөйл. ***Күрмел.***

**КҮРМЕУ**[1] зат. **1.** этн. *Арқан, жіп байлау тәсілі, қазақша жіп байлаудың бір түрі.* **2.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл, қол-аяққа оратылған қиындық.* **3.** ауыс. *Түйткіл, түйін, еңсені көтертпейтін кедергі.*

**КҮРМЕУ**[2] *Күрме етістігінің қимыл атауы; байлау; бөгеу, тежеу, еркіне жібермеу.*

**Күрмеуге келмеді.** *Келте, шолақ, қысқа болды.* **Күрмеуге келмейтін қысқа жіптей көреді.** *Өмірді өте қысқа деп ойлайды.* **Күрмеу салды.** а) *Бұғалық, тұзақ салды, күрмеп байлады.* ә) *Кедергі болды.*

**КҮРМЕУЛІ** сын. **1.** *Күрмеп байланған, байлаулы, шырмаулы, шандулы.* **2.** ауыс. *Жағдайы, шамасы жоқ, әлі кеткен.*

**КҮРМЕУСІЗ** сын. *Күрмелмеген, күрмеп байланбаған.*

**КҮРП** елік. *Бие, сиыр сауғанда ағарғанның шұғыл ыдысқа құйылуынан шығатын дыбысты және қалың қарды салмақпен басқанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрп етті.** а) *Күрк еткен дыбыс шықты.* ә) *Олжаға белшеден батты, даярға тап болды.*

**КҮРП-КҮРП** елік. **1.** *Ыдыс толы көпіршіген сүттің үстіне онан әрі мал сауғанда, айранды, қымызды піскенде, су шайқалғанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Ішіне су кірген аяқкиіммен, кең етікпен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* **3.** *Омбы қарды, топырақты, құмды салмақ сала басқанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрп-күрп етті.** *Күрпілдеді, күрпілдеген дыбыс шығарды.*

**КҮРПІК** сын. *Етжеңді, мыртық, быртиған.*

**КҮРПІЛДЕ=** ет. **1.** *Мал сауғанда сүттің ыдысқа күрп-күрп етіп құйылуы, ыдыстағы сүттің шайқалуы.* **2.** *Сабадағы қымыз, күбідегі айранды піскен кездегі күрп-күрп ету.* **3.** *Қорпылдау, қолп-қолп, күрп-күрп ету.* **4.** *Борпылдау, борау.*

**КҮРПІЛДЕТ=** ет. **1.** *Күрп-күрп еткізіп мал сауу.* **2.** *Сабадағы қымызды, күбідегі айранды пісу.* **3.** *Күрп-күрп еткізіп суды шайқау, малту.* **4.** *Қалың қарды, топырақты, құмды күрп-күрп басып жүру, борпылдату.* **4.** *Мыжылып, тапталып қалған жастықты, көпшікті т.б. қағып, ішіндегі жүнін кептіру, көпсіту.*

**КҮРС** елік. *Салмақты нәрсе т. б. құлағанда шығатын гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрс берді.** *Күп берді, қойып кетті.* **Күрс етті.** а) *Гүрс етіп құлады.* ә) *Тарс етті, атылды.*

**КҮРСИ** зат. ескікіт. ***Күрсі.***

**КҮРС-КҮРС** елік. **1.** *Салмақты зат бірінен соң бірі жалп-жалп құлағанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Оқ атылғанда шығатын тарс-гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* **3.** *Ауыр затпен (кетпен, балға т.б.) күш сала ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрс-күрс етті.** а) *Күрсілдеді, гүрсілдеген дыбыс шықты.* ә) *Ырс-ырс етті, ентігіп дем алды.*

**КҮРСІ** [ар. كرسى] зат. көне. **1.** *Орындық, жайғасып отыруға арналған жиһаз.* **2.** *Тақ, мінбе.* **3.** *Құран т. б. діни кітаптарды қоятын қойғыш.*

**КҮРСІЛ** зат. *Күрс-күрс еткен дыбыс, кенеттен жаңғырған күшті дыбыс, гүрсіл.*

**КҮРСІЛДЕ=** ет. **1.** *Күрс-күрс ету, гүрсілдеу, тарсылдау.* **2.** *Ауру адамның қиналып дем алуы, ыңқылдау, ентігу.* **3.** *Ырсылдау, ырылдау, арсылдау.*

**КҮРСІЛДЕК** сын. *Күпілдек, мақтаншақ.*

**КҮРСІЛДЕТ=** ет. **1.** *Қатты күшпен ұрып, күрс-күрс еткізу, жер-дүниені жаңғыртып гүрсілдету, тарсылдату.* **2.** *Сабадағы қымызды пісу, сапыру.* **3.** *Қытыр-қытыр еткізіп, күтірлетіп жеу.*

**Күрсілдете соқты.** сөйл. *Күтірлетіп, сүйсініп жеді.*

**КҮРСІН=** ет. *Адамның өз қайғы-қасіретін, өкініш-ренішін, сағынышын т. б. дем алысы арқылы білдіруі, аһылап-үһілеу, көкірегі қарс айырылу.*

**КҮРСІНДІР=** ет. *Қайғы-қасіретке батыру, түнжырату, аһылап-үһілету, көңілін күпті ету.*

**КҮРСІНТ=** ет. **1.** *Әр нәрсені ойлап күрсінуге мәжбүр ету, көңіліне қаяу салу.* **2.** ауыс. *Қапы қалдыру, сан соқтыру, сағын сындыру, өкіндірту.*

**КҮРСІНУ** *Күрсін етістігінің қимыл атауы; қайғыру, мұңаю, аһылап-үһілеу, қамығу.*

**КҮРСІНІС** зат. *Қайғы-қасіретке, өкініш, ренішке, сағынышқа толы дем алыс, аһ-үһ.*

**КҮРСІНІС=** ет. **1.** *Ауыр дем алып, аһылап-үһілеп қамығысу, мұңайысу.* **2.** ауыс. *Мәнжайды түсінбеу, аң-таң болу.*

**КҮРТ**[1] зат. малшар. *Жөң мен үлектен туған түйе.*

**КҮРТ**[2] үст. **1.** *Бірден, тез, кенет, лезде.* **2.** *Шұғыл, жедел.* **3.** *Ерекше, тосын.* **4.** *Күтпеген жерден, төтенше, аяқ астынан, оқыс.* **5.** ауыс. *Морт, оғаш, тоң.*

**Күрт кетті.** а) *Тез, жылдам кетті.* ә) *Бірден ашуланды, дөрекі мінез көрсетті.* **Күрт мінез.** *Тосын, шалт мінез.* **Күрт сынды.** а) *Морт кетті, бірден сынды.* ә) *Бірден мойыды, қатты жасыды, жүні жығылды.* **Күрт түсті.** *Бірден мойыды, жүні жығылды, жасыды.* **Күрт түсу.** *Бірден жасу, жүні жығылу, моюу, көкірегі түсу.*

**КҮРТ**[3] елік. *Қатты нәрсе морт сынғанда, бірден, тез үзілгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрт етті.** *Күрт еткен, тырс еткен дыбыс шығарды.* **Күрт сынды.** *Жүнжіп кетті, басылып қалды.*

**КҮРТЕ** зат. *Былғарыдан не сырттық матадан астар салып тігілген қысқа сырт киім.*

**Күрте көйлек.** *Қалың, жылы көйлек, гимнастерка.*

**КҮРТЕ**: **күрте қар.** сөйл. ***Күртік қар.***

**КҮРТЕҢ**: **күртең қақты.** жерг. *Жедел қимылдады.*

**КҮРТЕШЕ** зат. *Қысқалау, кішірек күрте.*

**КҮРТКЕ** [лат. curtus] зат. сөйл. ***Күрте.***

**КҮРТ-КҮРТ** елік. **1.** *Қатты нәрсені, шөпті шайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Беті қатайыңқырап, нығыздалып қалған қармен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* **3.** *Құраған заттың, бұтаның сынған, үзілген кезінде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Күрт-күрт етті.** *Қайта-қайта күртілдеген дыбыс шықты.*

**КҮРТКІ** зат. сөйл. ***Күрте.***

**КҮРТПАН** зат. жерг. *Төртбақ, жұндес келген будан түйенің азғындаған түрі.*

**КҮРТТІК** зат. *Дөрекілік, тоңмойындық, бірбеткейлік.*

**КҮРТІК**[1] зат. *Нығыздалған, соқталанған қар; қар үйіндісі.*

**Күртік [омбы] қар.** *Қалың омбы қар; нығыздалған, қалың түскен қар.*

**КҮРТІК**[2] зат. жерг. *Етке салатын нан, жайма.*

**КҮРТІКТЕН=** ет. *Нығыздану, соқталану, тығыз қабаттану.*

**КҮРТІКТІ** сын. *Күртік қар басқан.*

**КҮРТІЛ** зат. *Күрт-күрт еткен дыбыс.*

**Күртіл қақты.** *Күртілдеді.*

**КҮРТІЛДЕ=** ет. *Күрт-күрт ету, мұз ойылғанда тырс-тырс етіп дыбыс шығу.*

**КҮРТІЛДЕК** сын. *Кіртілдек, күрт-күрт сынатын, морт сынғыш.*

**КҮРТІЛДЕТ=** ет. *Күрт-күрт еткізу, күтірлету.*

**Күртілдетіп жеді.** *Күртілдетіп, құшырланып, бұралақтатып жеді.*

**КҮРТІЛДЕТУ** *Күртілдет етістігінің қимыл атауы; күтірлету, күрт-күрт еткізу, шайнау, жеу.*

**КҮРТІНЕН** үст. сөйл. ***Күрт.***

**КҮРТІС** үст. сөйл. *Күрт, тез, жедел.*

**КҮРШЕК**[1] [ор. крючок] зат. сөйл. *Ілгішек, ілгек.*

**КҮРШЕК**[2] [ор. горшок] зат. сөйл. *Құмыра, қыштан жасалған, тұрмыста пайдаланылатын ыдыс.*

**КҮРШЕКТЕ=** ет. *Күршегін салу, ілгешектеу.*

**КҮРІК: күрік болды.** *Тауықтың, күркетауықтың жұмыртқа басатын уақыты жетті.*

**КҮРІЛ** зат. *Күр-күр еткен дыбыс, гүріл.*

**КҮРІЛДЕ=** ет. **1.** *Найзағай ойнаған кезде аспан жаңғырыққан күшті дыбыс шығу, күркіреу.* **2.** *Мотордың гүрілдеуі, оталу.* **3.** *Сарқырау, күркіреу.* **4.** *Жуан дауыспен үн қату, гүжілдеу.* **5.** *Ырылдау, айбат шегу, ақыру, қырқырау.* **6.** сөйл. *Күркілдеп жөтелу, күрк-күрк ету.* **7.** ауыс. *Шалқу, екпіндеу, тасу, дәуірлеу.*

**КҮРІЛДЕК** сын. *Күр-күр еткен, жуан дауысты, барылдақ.*

**КҮРІЛДЕС=** ет. *Гүжілдесу, даурығысу.*

**КҮРІЛДЕТ=** ет. *Күркірету, сарқырату, сарылдату.*

**КҮРІЛДЕУІК** сын. *Күрілдеп шығатын, барқыраған.*

**КҮРІЛШАЙ** зат. *Куриль аралдарында өсетін, шай орнына пайдаланылатын шөп.*

**КҮРІҢ-КҮРІҢ** үст. жерг. *Күбір-күбір.*

**КҮРІШ** зат. бот. <лат. oryza> *Жылылықты сүйетін, суда өсетін, ас-тағам ретінде қолданылатын дәнді дақыл және соның сопақша келген дәні.*

**Күріш даласы.** *Күріш егілген алқап.* **Күріш жүйесі.** егіншар. *Күріш дақылын өсіру үшін арнайы салынатын суару жүйесі.*

**КҮРІШБАС** зат. өс. <лат. piptatherum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Басы күріш дақылынан аумай қалған өсімдік түрі.*

**КҮРІШКЕ** [ор. кружка] зат. сөйл. ***Курешке.***

**КҮРІШТЕЙ** сын. *Күріш сияқты, күріш тәрізді.*

**КҮРІШТІ** сын. *Күрішке бай; күріш егетін.*

**КҮРІШТІК** зат. *Күріш егілген немесе егілетін алқап, танап.*

**КҮРІШШІ** зат. *Күріш өсіруші, күріш өсірудің маманы.*

**КҮС**[1] зат. **1.** *Ыстық-суықтан, күтімсіздіктен теріде пайда болатын қатпар-қатпар, сатпақ кір. // Кір, лас, жуылмаған.* **2.** *Қажалу,*

*ойылудан көбіне алақан, табан терілерінің қалыңдауы; қасаң, мүйізгек.*

**Күс басты.** *Күс пайда болды, күстенді.* **Күс [күсті] білек.** бейн. *Қиыншылықты көп көрген, өмірдің азабын тартқан адам.*

**КҮС**$^2$ зат. ***Кіс.***

**КҮС**$^1$**=** ет. *Киімнің арасына, астарына жүн тарту.*

**КҮС**$^2$**=** ет. **1.** *Безу, түңілу, тану.* **2.** *Мезі болу, жеру.* **3.** жерг. *Сыру, қабу.* **4.** жерг. *Ұру, соғу, сабау.* **5.** жерг. *Ұрсу, сөгу.*

**Күсіп алды.** жерг. *Сыпырып-сиырды, жиып алды.* **Күсіп жүрді.** жерг. *Толып жүрді, қаптап жүрді.* **Күсіп қалды.** жерг. *Соқты, ұрды.*

**КҮСӘМЕТ** зат. ескікіт. *Араздық.*

**КҮСЕ=** ет. *Жүйкелеу, қартаю.*

**КҮСЕТ** сын. жерг. *Жақсы, тәуір.*

**КҮСКЕНТАЙ** сын. жерг. *Мығым, шымыр, шаққал.*

**КҮС-КҮС** зат. *Қаптаған, қалың (күс), қабатталған, кір-кір.*

**Күс-күс болды.** *Күс басты, күс қаптады.*

**КҮСПЕН** зат. *Кеменің желкен орнататын діңгегі.*

**КҮСТАНА**[ир. خستو]: **күстана болды.** а) *Кінәлі, жазықты болды.* ә) *Ренжіді, қапаланды, құсаланды.*

**Күстана қылды.** *Жала жапты, кінә тақты, жазықты етті.*

**КҮСТАНАЛА=** ет. *Кінәлау, айыптау, жазғыру, жала жабу, қаралау.*

**КҮСТАНАЛАН=** ет. *Айыпталу, кінәлану, жазғырылу, кінәлі саналу.*

**КҮСТАНАЛАУ** *Күстанала етістігінің қимыл атауы; кінәлау, жазғыру.*

**КҮСТӘНА** сын. сөйл. ***Күстана.***

**Күстәна қылды.** сөйл. *Жазғырды, айыпталды, кінәлі деп табылды.* **Күстәна қылу.** сөйл. *Кінәлау, жазғыру, кінәлі деп табу, айыптау.*

**КҮСТӘНАЛА=** ет. сөйл. ***Күстанала.***

**КҮСТӘНАЛАУ** сөйл. *Күстәнала етістігінің қимыл атауы.*

**КҮСТЕ=** ет. *Күс басу, күстену.*

**КҮСТЕМЕ** зат. *Тұрып қалған судың бетінде болатын өңез.*

**КҮСТЕН=** ет. **1.** *Күс басу, мүйізгектену.* **2.** ауыс. *Қалыңдау, қасаңдану.*

**КҮСТЕНУ** *Күстен етістігінің қимыл атауы; мүйізгектену, күс басу.*

**КҮСТІ** сын. *Күсі бар, күс басқан, мүйізгектенген.*

**КҮСУ** жерг. *Күс етістігінің қимыл атауы; сыру, қабу.*

**КҮТ=** ет. **1.** *Біреумен кездесуді, бір нәрсенің (хабардың, күннің, істің, оқиғаның, әңгіменің т. б.) келуін, басталуын не аяқталуын тосу, қарайлау.* **2.** ауыс. *Жағдайын жасау, қошеметтеу, құрметтеу.* **3.** ауыс. *Күтімдеу, баптау.* **4.** ауыс. *Бағып-қағу, қарау.* **5.** *Әлпештеп өсіру, мәпелеп бағу.* **6.** ауыс. *Бабында ұстау, күтімдеу.*

**Күткен жерден шықты**. *Ойлаған жерден шықты, ойдағыдай болды.* **Күтпеген жерден.** *Кенеттен, ойламаған жерден, аяқ астынан.* **Күтіп алды.** а) *Қарсы алды, тосып алды.* ә) *Астыүстіне түсті, бәйек болды.* **Күтіп ұстады.** а) *Бабында ұстады.* ә) *Ұқыпты, таза ұстады.*

**КҮТЕ-КҮТЕ** үст. *Сарыла, ұзақ (күту).*

**КҮТКІЗ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің (істің, оқиғаның, әңгіменің, күннің т.б.) басталуын, келуін, біреумен кездесуді кешіктіру, тостыру, қарайлатқызу.* **2.** ауыс. *Жағдайын жасап, баптау.*

**КҮТКІЗУ** *Күткіз етістігінің қимыл атауы; тостыру, қарайлатқызу.*

**КҮТКІШ** сын. **1.** *Үміт артқыш, тосқыш.* **2.** ауыс. *Жақсы күтетін, баптағыш, қамқор.*

**КҮТПЕЛЕ=** ет. сөйл. *Күту, тосу.*

**КҮТТІР=** ет. **1.** *Тостыру, қарайлату.* **2.** ауыс. *Баптату, бақтыру.*

**Кезек күттірмейтін мәселе [іс, жұмыс, міндет].** *Шұғыл шешуді, жедел қолға алуды қажет ететін (мәселе, іс, жұмыс, міндет).*

**КҮТТІРУ** *Күттір етістігінің қимыл атауы; қарайлату, тостыру.*

**КҮТУ** *Күт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің басталуын не аяқталуын тосу, біреуге қарайлау.* **2.** *Қонаққа жағдай жасау, баптау.*

**Күту ауданы.** әск. *Бөлімшелердің, мотоатқыштар мен танк бөлімдерінің шабуылға шығар алдында алып жатқан жергілікті жер аумағы.* **Күту бекінісі.** әск. *Ұрыс техникасы мен бөлімшелердің жеке құрамдарының, ракета бөлімдері мен реактивтік артиллерияның атыс бекінісіне шығу алдындағы аз уақыт жасырынуға арналған жергілікті жер учаскесі.* **Күту уақыты.** инф. <ағыл. waittime, latency> *Орталық процессор немесе сыртқы құрылғы кезекті тапсырманың, сұранымының түсуін тосатын уақыт аралығы.*

**КҮТУЛІ** сын. **1.** *Күту үстінде, тосулы.* **2.** ауыс. *Таза, мұнтаздай, сайлы.* **3.** ауыс. *Баптаулы, күтімді.*

**КҮТУСІЗ** сын. *Күтімсіз, қараусыз. // Күтпей, тоспай, қарайламай.*

**КҮТУСІЗДЕУ** сын. *Күтімсіздеу, қараусыздау, жұпыныдау.*

**КҮТУШІ** зат. **1.** *Қызмет етуші, күтетін адам.* **2.** *Кішкентай баланы немесе ауру адамды қарайтын адам.* **3.** *Қызметші.* **4.** сөйл. *Қарауыл, күзетші.*

**КҮТУШІДЕЙ** сын. *Күтуші сияқты, күтуші тәрізді.*

**КҮТУШІЛІК** зат. **1.** сөйл. ***Күзетшілік.*** **2.** *Малайлық, даяшылық.*

**КҮТУШІСІЗ** сын. *Күтушісі жоқ.*

**КҮТІЛ=** ет. **1.** *Бапталу, жақсы жағдай жасалу.* **2.** *Қаралу, күтім жасалу (суарылу, тыңайтылу, түптелу т.б.).*

**КҮТІЛУ** *Күтіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарайлау, тосу.* **2.** ауыс.*Бағылу.*

**КҮТІМ**$^1$ зат. зоол. <лат. rutilus frisii kutum> *Негізінен теңіздің тереңдігі 20 метрге дейінгі жерлерінде тіршілік ететін, өзендерге уылдырық шашу үшін шығатын, дене пішіні мен түсі торта мен қаракөзге ұқсас, тұқы тұқымдасына жататын ойықтіс балығының түр-тармағы.*

**КҮТІМ**$^2$ зат. *Жан-жануар, өсімдік т.б. жақсы өсіп-өнуі, дұрыс сақталуы үшін жасалатын жағдай, бап.*

**Күтімге алды.** *Баптады, жақсы күтті.* **Күтімде болды.** *Ерекше күтілді, қаралды, бабы жасалды.* **Күтім жасады [көрсетті].** *Жақсы күтті, бақты, қарады.* ә) *Баптады, асты-үстіне түсті.* **Күтім көрді.** *Бабы жасалды, ерекше күтілді.*

**КҮТІМДЕ =** ет. **1.** *Баптау, күтімін жасау.* **2.** *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.*

**КҮТІМДІ** сын. *Күтімі жақсы, бапты, күйлі.*

**КҮТІМДІЛІК** зат. *Ұқыптылық, бапшылдық, қамқоршылық.*

**КҮТІМДІРЕК** сын. *Жағдайы жақсылау, баптылау, күйлілеу.*

**КҮТІМСІЗ** сын. **1.** *Күтімі жоқ, бапсыз, күйсіз.* **2.** *Бейқам, қамсыз.*

**Күтімсіз қалды.** *Қараусыз, назардан қағажу қалды.*

**КҮТІМСІЗДІК** зат. *Бапсыздық, күйсіздік, қараусыздық.*

**КҮТІМШЕҢ** үст. *Ұқыпты, мұқият.*

**КҮТІМШІЛ** сын. *Жақсы күтетін, қамқор, бапшыл.*

**КҮТІН=** ет. **1.** *Өз-өзіне қарап, жағдай жасау.* **2.** *Тосу, қарайлау.* **3.** *Қамдану, әзірлену, дайындалу, сайлану.*

**КҮТІНДІР=** ет. *Қонақ күтуге жағдай жасаттыру, қамдандыру, әзірлеттіру.*

**КҮТІНУ** *Күтін етістігінің қимыл атауы; өз-өзіне қарау.*

**КҮТІНУЛІ** сын. *Дайын, сай, қамданулы.*

**КҮТІНІС** зат. *Үміт, дәме, талап.*

**КҮТІҢКІРЕ=** ет. *Тосыңқырау, қарайлаңқырау.*

**КҮТІП-БАҚ=** ет. *Жан-жануардың, малдың, өсімдіктің т.б. өсіп-өнуіне қамқорлық жасау, баптау.*

**КҮТІП-БАҒУ** *Күтіп-бақ етістігінің қимыл атауы.*

**КҮТІП-БАПТА=** ет. **1.** *Қарау, жақсы күйге келтіру, өсіп-өнуіне жағдай жасау.* **2.** *Ұқыпты, мұқият ұстау.*

**КҮТІП-БАПТАЛ=** ет. *Өсіп-өнуіне қамқорлық, күтім жасалу.*

**КҮТІП-БАПТАУ** *Күтіп-бапта етістігінің қимыл атауы; қарау, баптау, өсіп-өнуіне жағдай жасау.*

**КҮТІР**$^1$ зат. жерг. *Аумағы алты-жеті үйден тұратын шаруалар мекені, қыстақ.*

**КҮТІР**$^2$ елік. *Бұтақты, бидайды, мұзды, қарды т.б. құрап қалған немесе қатты, морт нәрсені сындырғанда, шайнағанда, соқтырғанда, басқанда т.б. шығатын қытыр, сықыр, сатыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. // Құраған шөптің сынғандағы сытыр еткен дыбысы.*

**Күтір етті.** *Қытыр, сықыр еткен дыбыс шығарды.*

**КҮТІРЛЕ=** ет. **1.** *Күтір етіп жарылу.* **2.** *Сықыр еткен дыбыс шығару.*

**КҮТІРЛЕК** сын. *Күтір-күтір еткіш, қатырлақ.*

**КҮТІРЛЕТ=** ет. *Сықырлату; қытырлату, сытырлату.*

**КҮТІРЛЕУІК** сын. сөйл. ***Күтірлек.***

**КҮТІС=** ет. **1.** *Тосысу, қарайласу.* **2.** ауыс. *Қарасу, күтім жасасу.*

**КҮТІСУ** *Күтіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жақсы қарсы алып, жағдай, күтім жасасу, бабын табысу.* **2.** *Қарасу, бағысу, өсіп-өнуіне жағдай жасасу.*

**КҮШ** зат. **1.** *Әл, дәрмен, қуат, қайрат.* **2.** физ. *Бір заттың не бір нәрсенің өзгеге етер физикалық т.б. әсері, ықпалы.* **3.** физ. *Энергия, сол энергияның қуаты.* **4.** физ. *Бір дененің екінші денеге еткен әсерін сипаттайтын шама. // Қиын, ауыр.* **5.** ауыс. *Армия, әскер, қол.* **6.** ауыс. *Өзгелердің көзқарасына, сеніміне, идеологиясына ықпал ете алатын, өзіндік ерекшеліктерімен жақындасқан, біріккен қоғамдық топ; жалпы адамдардың тобы.* **7.** ауыс. *Ауыр салмақ.* **8.** ауыс. *Алып, зор күш иесі.* **9.** ауыс. *Зорлық, өктемдік.* **10.** ауыс. *Шама-шарық, мүмкіндік.* **11.** ауыс. *Шама, күй, бап.* **12.** ауыс. *Құдірет.*

**Күш айтты.** *Мықтылық білдірді, өктемдік етті.* **Күш алды.** а) *Жетілді, әлденді, күшейді.* ә) *Нәрленді, қуатталды.* б) этн. *Күресте жыққан адам жығылған адамның басынан аттап кетті.* **Күш алу.** *Әлдену, қуаттану.* **Күш асырды.** *Күш-қайратын көрсетті, күші басым болды.* **Күш берді**. *Қолдау көрсетті.* **Күш бермеді.** *Бой бермеді, ырыққа көнбеді.* **Күш болды.** *Қиыншылыққа түсті, қиын болды.* **Күш біріктірді**. *Бір нәрсеге, біреуге қарсы тұру үшін өзара қосылды, жұмылды.* **Күш бітті.** *Әл-қуат пайда болды.* **Күш енді**. *Қуаттанды, әлденді, қайраттанды.* **Күш жиды.** *Әлденді, қуатталды, күшейді, қайраттанды.* **Күш жұмсады [көрсетті].** *Мықтылық жасады, тізе батырды, өктемдік етті.* **Күш импульсі.** физ. *Күштің денеге қайсыбір уақыт аралығында еткен әсерін сипаттайтын шама.* **Күшке басты.** *Мықтылық көрсетті, зорлық етті.* **Күшке мінді.** *Қайраттанды, қаһарланды, күшейді.* **Күш кернеді.** *Күші артты, жігерленді.* **Күшке салды.** *Қара күш жұмсады.* **Күшке тиді [түсті].** *Қиындыққа түсті, ауыр болды, қинады.* **Күш көрді.** *Қиналды, азап көрді.* **Күш көрсетті.** *Мықтылық танытты, қайрат-жігерін білдірді, сес көрсетті.* **Күш көрсету**. а) *Айбат көрсету, зорлық қылу.* ә) саяси. *Бір мемлекеттің (мемлекеттер тобының) екінші мемлекетке қарсы саяси, экономикалық, әскери қысым көрсету мақсатында қауіп төндіру.* **Күш кірді.** *Әлденді, қуат пайда болды, қайраттанды.* **Күш қолданбау принципі**. құқық. *Мемлекеттер арасындағы қатынастарда күш қолдануға немесе күш қолданамын деген қоқан-лоққыға тыйым салу ұстанымын қамтитын қазіргі заманғы халықаралық құқықтың іргелі принциптерінің*

*бірі.* **Күш қосты.** *Демеді, көмектесті, жәрдемдесті.* **Күш қылды.** а) *Қайрат қылды, айбат жасады.* ә) *Қиынсынды, қиналды.* **Күш моменті**. физ. *Күштің айналдырғыш әсерін сипаттайтын шама.* **Күш пен құралдарды топтастыру**. әск. *Қарсыластан шешуші басымдылықты қамтамасыз ету үшін, оны талқандап, операцияның (ұрыстың) мақсатына жету үшін күш пен құралдарды (негізгі күш-жігерді) басты, шешуші бағыттарға (іс-қимыл аудандарында) шоғырландыру.* **Күш салды.** *Күш-қуатын жұмсады, аянбай еңбек етті.* **Күш салу.** *Барынша тырысу, ықпал ету, аянбай еңбек қылу.* **Күш сызықтары**. физ. *Қандай да бір күш өрістерін (электрлік, гравитациялық, магниттік) кескіндеу үшін ойша жүргізілетін сызықтар.* **Күш сынасты.** а) *Шама-шарқын, күш-қуатын байқасты.* ә) *Бақ, атақ-дәреже салғастырды, бәсекелесті, таласты.* **Күш таластырды**. *Өктемдікті, мықтылықты салыстырды, бәсекелесті.* **Күш танытты.** *Күш-қайратын көрсетті.* **Күштер мен құралдар**. әск. *Белгілі бір әскер бөлімшесіндегі (бөлімдегі, құрамадағы) жеке құрам саны мен бөлімшенің (бөлімнің, құраманың) қару-жарақтары мен әскери техникасы.* **Күштер мен құралдардың арасалмағы**. әск. *Екі жақтың бірінің күштері мен құралдарының артықшылығын (үстемдігін) анықтауға мүмкіндік беретін, өз әскерлері мен қарсыластың әскерлерін сипаттайтын сандық және сапалық мәліметтердің жиынтығы.* **Күштер мен құралдардың шоғырлану тығыздығы**. әск. *Күштер мен құралдардың 1 км майдан шебіне орта есеппен келуімен саналатын ұрыс әрекетіндегі ауданның (бағыттың, учаскенің) әскермен және әскери техникамен толықтырылу дәрежесі.* **Күш топтастыру.** *Жаңа күш, әскер жинау, оларды қажетті қару-жарақпен қамтамасыз ету.* **Күш түсті.** *Салмақ, ауырлық түсті.* **Күші жетті.** *Қолынан келді, ерік-жігері жетті, жеңді.* **Күші келмеді.** *Әлі жетпеді, шамасы келмеді.* **Күші қайнады.** *Қуаты асып-тасты.* **Күшін байқады**. *Шамасын білді, күшін мөлшерледі.* **Күшіне енді.** а) *Қатуланды, жігерленді.* ә) ресми. *Жарамды болды, заңды айналымға кірді.* **Күшін жойды.** а) *Заңсыз, жарамсыз деп табылды.* ә) *Өз мәнінен айырылды.* **Күшін сатты**. *Қызметін бұлдады.* **Күші тасыды**. *Бір нәрсеге күш-жігерін жұмсағысы келді, күш-қайраты асты.*

**КҮШАЛА**[1] зат. **1.** өс. <лат. eminium> *Шаянот тұқымдасына жататын улы түйнекті көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Ит күшаласы.** бот. *Биіктігі 15-40 см, жапырақ тақтасы ұшбұрышты, қандауыр пішінді, ұзын сағақты болып келетін түйнекті өсімдік.*

**КҮШАЛА**[2] зат. хим. <лат. arsenicum> ***Күшән.***

**Күшала кентастары**. хим. *Құрамында бөліп алуға тұрарлықтай күшән және оның қосылыстары шоғырланған табиғи минералдық шикізат.* **Күшала қосылыстары**. хим. *Күшән элементі түзетін химиялық қосылыстар.*

**КҮШАЛАЛЫ** сын. *Құрамында күшәні бар, күшән қосылған.*

**КҮШАМ** сын. ескікіт. *Ынталы, тырысушы, ұмтылушы, ықыласты, ыждағатты, ұқыпты.*

**КҮШӘЛА** зат. өс. ***Күшала.***

**Күшәла жеді.** жерг. *Ашуланды, ызаланды.*

**КҮШӘН** зат. хим. *Қалыпты жағдайда гексагональ торлы сұр кристалдар түрінде келетін улы зат, химиялық элементтерінің периодтық жүйесінің V тобындағы элемент (мышьяк).*

**КҮШЕ** зат. жерг. кәс. *Қазылып алынған ақ тастан тіліп дайындалған бірінші сұрыпты кірпіш.*

**КҮШЕЙ=** ет. **1.** *Бастапқы қалпына қарағанда ныгаю, жақсару, түзелу.* **2.** *Асқыну (ауру туралы).*

**КҮШЕЙТ=** ет. **1.** *Арттыру, нығайту.* **2.** *Үдемелеу, үстемелеу.*

**КҮШЕЙТКІШ**[1] зат. тех. **1.** *Дыбыстың, қысымның, электр кернеуінің, тоқтың т.б. күшін арттыратын құрылғы.*

**КҮШЕЙТКІШ**[2] сын. *Арттырушы, үдемелеуші, үстемелеуші.*

**Күшейткіш буын.** лингв. *Заттың белгі-сапасын, сынын асыра көрсетіп тұратын үстеме буын.* **Күшейткіш үстеу.** лингв. *Заттың сындық қасиетін және қимыл, іс-әрекеттің белгі-сапасын, мөлшер-көлемін күшейтіп не солғындатып көрсететін сөз.* **Күшейткіш толтырғыштар.** *хим. Белсенді толтырғыштар.*

**КҮШЕЙТПЕЛІ** сын. *Үдемелі, асырмалы, үстемелі.*

**Күшейтпелі буын.** лингв. ***Күшейткіш буын.*** **Күшейтпелі үстеу.** лингв. ***Күшейткіш үстеу.*** **Күшейтпелі шырай**. лингв. *Заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра түсетін сапалық сын есімнің шырай түрі.*

**КҮШЕЙТУ** *Күшейт етістігінің қимыл атауы; нығайту.*

**КҮШЕЙТІЛ=** ет. *Нығайтылу, арттырылу.*

**Күшейтілген радиациялық оқтұмсық**. әск. *Дағдылы атом бомбасына қарағанда өз энергиясын көп мөлшерде нейтронды радиация түрінде босатуға арналған атомдық оқтұмсық.*

**КҮШЕЙТІЛУ** *Күшейтіл етістігінің қимыл атауы.*

**КҮШЕЙТІҢКІРЕ=** ет. *Үдетіңкіреу, көтеріңкіреу.*

**КҮШЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Арта түсіңкіреу, үдеңкіреу.*

**КҮШЕН** зат. жерг. этн. *Киізден, теріден жасалған қамыт.*

**КҮШЕН=** ет. **1.** *Бойға қатты күш салу.* **2.** *Өзін-өзі зорлап ышқыну.*

**КҮШЕНУ** *Күшен етістігінің қимыл атауы; ышқыну.*

**КҮШЕНШЕК** сын. *Қолдан келмеске әлек, тыраш.*

**КҮШЕНШІКТЕ=** *ет. сөйл.* *Күшеніңкіреу, бойға күш салыңқырау.*

**КҮШЕНІҢКІРЕ=** ет. *Бойға күш салыңқырау.*

**КҮШЕЮ** *Күшей етістігінің қимыл атауы; арту, нығаю.*

**КҮШ-ЖІГЕР** зат. *Бойдағы әл, қайрат, қуат.*

**КҮШ-КӨЛІК** зат. **1.** *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмыстарға пайдаланылатын мал.* **2.** тех. *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмысты орындау үшін қолданылатын құралдар.*

**КҮШ-КӨЛІКТІК** сын. *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын.*

**КҮШ-ҚАЙРАТ** зат. *Күш-қайрат.*

**Күш-қайраты тасыды.** *Күші артты, қайраты тасыды.*

**КҮШ-ҚУАТ** зат. **1.** *Шама-шарық, қайрат-жігер.* **2.** физ. *Энергия.*

**Күш-қуатын қожыратпады.** *Тұғырынан таймады, қайраты бойында болды.*

**КҮШСІЗ** сын. *Күші аз, әлсіз, әлеуетсіз, жігерсіз. // Әлсіз, дәрменсіз адам.*

**КҮШТЕ=** ет. *Күш жұмсап, дегеніне көндіру; зорлау, қыстау, мәжбүрлеу.*

**Күштеп әкелу**. заң. *Заң органдарының айыпталушыны, сотталушыны, сезіктіні, куәгерді және басқа кейбір адамдарды шақыру бойынша дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда сотқа, алдын ала анықтау органына, прокурорға немесе тергеушіге мәжбүрлеп әкелуі (жеткізуі).*

**КҮШТЕН=** ет. **1.** *Өз-өзін мәжбүр ету.* **2.** *Бойға қатты күш салу.*

**КҮШТЕУ** *Күште етістігінің қимыл атауы; қыстау, мәжбүр ету.*

**КҮШТІ** сын. **1.** *Бойында күші мол, әлді, қуатты, қайратты.* **2.** *Қатты, екпінді, пәрменді, мықты, зор. // Әлді, өктем, дәулетті адам.* **3.** *Берік, нық.* **4.** ауыс. *Артықшылығы ерекше, үлгілі, үздік, озық.* **5.** ауыс. *Айрықша мол, басым, көп.* **6.** ауыс. *Әдемі, әсем шыққан, қатты (үн).* **7.** ауыс. *Жедел, тез, құрт, шұғыл.* **8.** ауыс. *Сақ, сайлы.* **9.** ауыс. *Әсері ерекше, қатты.* **10.** ауыс. *Ауыр, қиын, азапты.* **11.** ауыс. *Тамаша, керемет.*

**Күшті негіздер.** хим. *Ерітіндіде жоғары диссоциациялану дәрежесін көрсететін негіздер.* **Күштінің арты тиірмен тартады.** *Күшті дегенін қылады, қолынан келгенін істейді деген мағынада.* **Күшті өзара әсер.** физ. *Элементар бөлшектердің төрт іргелі өзара әсерлерінің бірі.* **Күшті электролиттер.** физ. *Ерітінділердегі электролиттік диссоциациялану дәрежесі бірге тең немесе соған жақын болатын электролиттер.*

**КҮШТІК** зат. сөйл. ***Күш.***

**КҮШТІЛІК** зат. *Қуат, мықтылық.*

**КҮШТІСІН=** ет. экспр. *Күшті болып көріну, мықтысыну.*

**КҮШТІСІНУ** *Күштісін етістігінің қимыл атауы.*

**КҮШІГЕН** зат. зоол. <лат. algypius monachus> **1.** *Мойнының жоғарғы жағы қауырсынсыз, төменгі жағында ұрпиген, жаға тәрізді қауырсындары бар, салмағы 2-2,5 кг шамасындағы қаршығы тұқымдастарының бір түрі.* **2.** ауыс. *Обыр, парақор.* **3.** ауыс. *Қанып езер, озбыршы.* **4.** ауыс. *Қолайлы сәтті күтіп, осал жерінен соғатын, әлсіздікті, қорғансыздықты пайдаланып, тән мен жанды жаралайтын адам.*

**Күшіген жүнді оқ.** көне. *Қанатына жыртқыш құстың 2-4 қауырсыны бекітілген садақ оғы; күшіген жүні бар оқ.*

**КҮШІГЕНДЕЙ** сын. *Күшіген сияқты, күшіген тәрізді.*

**КҮШІГЕНШЕ** үст. *Күшіген сияқты, күшігенге ұқсап.*

**КҮШІК** зат. **1.** *Иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы.* **2.** ауыс. эвфем. *Көз өтпес, тіл тимес үшін кішкентай баланы еркелете атайтын сөз.* **3.** қарап. экспр. *Адамды кемсітіп, қорлау мақсатында қолданылатын жағымсыз мәнді сөз.*

**Күшігін аузымен тасығандай.** жерг. *Мейірбан, мінезі жұмсақ, елжірегіш, аққөңіл.* **Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты**. *Жастайынан бағып-қаққан, үміт артқан адамым опасыздық жасады.* **Күшік ата.** этн. *Күйеу баласының үйінде не аулында тұратын қайын ата.* **Күшік ит бөрі ала ма жабылса да.** бейн. *Әлі келмейтін, шамасы жетпейтін адамдар бірігіп, қосылып кіріссе де қолдарынан келмейді деген мағынада.* **Күшік иттей үрді.** *Әлі келмейтінін білсе де ретін тауып кесірін тигізудің қамында жүрді.* **Күшік күйеу.** этн. *Қалыңдығының ата-анасының қолына келіп кірген жігіт.*

**КҮШІКЕЙ** сын. *Әлсіз, болар-болмас.*

**КҮШІКЕШ** сын. **1.** сөйл. ***Күшыкеш.*** **2.** ауыс. *Қу, алдамшы, суқит.*

**КҮШІКТЕ=** ет. *Күшік туу, балалау.*

**КҮШІКТЕЙ**[1] сын. *Күшік сияқты, күшік тәрізді.*

**КҮШІКТЕЙ**[2] үст. *Күшігінен, жастай.*

**КҮШІКТЕУ** *Күшікте етістігінің қимыл атауы; күшік туу, балалау.*

**КҮШІКТІ** сын. *Күшігі бар, күшік тапқан.*

**КҮШІКШЕ** үст. *Күшік сияқты, күшікке ұқсап.*

**КҮШІМ** зат. экспр. сөйл. ***Күшігім.***

**КҮШІМ-КҮШІМ** од. *Итті еркелеткенде, шақырғанда айтылатын сөз.*

**КҮШІРЛЕ=** ет. жерг. *Күшею, дәуірлеу.*

**КҮЮ** *Күй етістігінің қимыл атауы.* **1.***Өртену, жану.* **2.** *Күннің қатты ысып кетуі.* **3.** ауыс. *Қатты ашулану, терісіне сыймау, ыза кернеу, ашуға булығу, қаны қайнау.* **4.** ауыс. *Махаббат сезіміне қатты берілу.*

**КҮЮЛІ** сын. *Тотыққан, күйген.*

**КІБІР** зат. сөйл. ***Қыбыр.***

**КІБІРТ=** ет. *Күйбеңдеу, кібіртіктеу, қыбыжықтау.*

**КІБІРТІК** зат. **1.** *Баяу қимыл, сылбыр жүріс. // Баяу, жай, шабан.* **2.** ауыс. *Кемістік, сенімсіздік.* **3.** ауыс. *Кірбің, қаяу.*

**Кібіртік қақты.** *Кібіртіктеді, баяулады.*

**КІБІРТІКСІЗ** сын. *Мүдірмей, еркін.*

**КІБІРТІКТЕ=** ет. **1.** *Еркін қимыл, қозғалыс жасай алмау, баяу жүру.* **2.** *Кідіру.* **3.** *Мүдіру, күмілжу.*

**КІБІРТІКТЕН=** ет. *Мүдіру, күйбежектеу.*

**КІБІРТІКТЕҢКІРЕ=** ет. *Қипақтаңқырау, мүдіріңкіреу.*

**КІБІРТІКТЕТ=** ет. *Еркін қимыл жасаттырмау, бөгеу, бәсеңдеттіру.*

**КІБІРТІКТЕТУ** *Кібіртіктет етістігінің қимыл атауы.*

**КІБІРТІКТЕУ** *Кібіртікте етістігінің қимыл атауы; еркін қозғала алмау, баяу жүру.*

**КІБІРТІКШІЛ** сын. *Кібіртік қаққыш, кібіртіктегіш.*

**КІБІРТІҢДЕ=** ет. сөйл. ***Кібіртікте.***

**КІБІСЕ: кібісе жыл.** *Әр төрт жыл сайын келетін, ақпан 29 күннен аяқталатын, жыл 366 күннен тұратын жыл.*

**КІБІТ** зат. **1.** көне. *Үй, баспана.* **2.** жерг. *Қойма, қамба.*

**КІДІ** сын. **1.** *Сәл нәрседен секем алғыш, қылт етпе, қыңыр. // Секемшіл, шамданғыш адам.* **2.** ауыс. *Өкпек; оқыс, күтпеген. // Кілт, шорт, шұғыл.*

**Кіді мінез.** *Шырт етпе, кінәмшіл, қасарыспа мінез.*

**КІДІК** зат. сөйл. ***Күдік.***

**КІДІКШІЛ** сын. *Кілт етпе мінезді, өкпелегіш.*

**КІДІЛЕН=** ет. *Кею, ренжу, өкпелеу, наразылық білдіру.*

**КІДІЛЕУ** сын. *Кейігіштеу, өкпешілдеу, тіктеу.*

**КІДІЛІК** зат. *Кірпияздық, тікмінездік.*

**КІДІҢ** елік. *Күрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз. // Кірбің, кикілжің.*

**Кідің алды.** *Көңіліне алды, жаратпады.* **Кідің мінез.** *Қыңыр, кілтетпе.*

**КІДІҢДЕ=** ет. *Қожаңдау, едіреңдеу, зіркілдеу.*

**КІДІҢ-КІДІҢ** елік. *Бірнеше дүркін қайталанған күрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз.*

**Кідің-кідің етті.** *Кідіңдеді, қоқиланды, кіжіңдеді.*

**КІДІР** зат. жерг. *Кідіріс, іркіліс, мүдіріс.*

**Кідір тартты.** *Сарғайды.*

**КІДІР =** ет. **1.** *Аялдау, бөгелу, мүдіру, сәл тоқтау.* **2.** *Күту, тосу.*

**КІДІРЕЙ=** ет. сөйл. ***Күдірей.***

**КІДІРТ=** ет. *Бөгелту, тоқтату.*

**КІДІРТУ** *Кідірт етістігінің қимыл атауы.*

**Кідірту пернесі.** инф. <ағыл. pause key>. *Кеңейтілген пернетақтаны басқаратын перне.*

**КІДІРТІЛ**= ет. *Бөгелтілу, тоқтатылу.*

**КІДІРТІЛУ** *Кідіртіл етістігінің қимыл атауы.*

**КІДІРУ** *Кідір етістігінің қимыл атауы; кешігу, бөгелу, сәл тоқтау.*

**КІДІРУСІЗ** сын. *Тоқтаусыз, дамылсыз, мүдірмей.*

**КІДІРІҢКІРЕ=** ет. *Бөгеле түсіңкіреу, тоқтаңқырау.*

**КІДІРІС** зат. <лат. pausa>. **1.** *Іс-әрекет, қимыл-қозғалыстағы уақытша дамыл, бөгеліс.* **2.** *Сөз арасындағы үзіліс.* **3.** лингв. <лат. pausa> *Аяқталған сөйлемдерден соң, құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдер аралығында, кейде сөйлем мүшелерін айырып, дәлме-дәл айту үшін немесе сөз ырғағын келістіріп, мәнерлеп айту үшін жасалатын дауыс үзілісі.* **4.** сөйл. ***Аялдама.*** **5.** инф. <ағыл. delay> *Сұрату жасалғаннан бастап оның орындалуына дейінгі өткен уақыт; процестің тоқтап тұру уақыты.*

**КІДІРІС =** ет. *Бөгелісу, мүдірісу.*

**КІДІРІС-МҮДІРІССІЗ** сын. *Үзіліссіз, тоқтаусыз.*

**КІДІРІССІЗ** сын. *Бөгетсіз, мүдіріссіз.*

**КІДІРІСТЕ=** ет. *Аялдау, бөгелу, сәл тоқтау, мүдіру.*

**КІДІРІСТЕТ=** ет. *Бөгеу, тоқтату.*

**КІЖІКТЕ=** ет. *Кіжіңдеу, орынсыз тиісу.*

**КІЖІН=** ет. *Ызалану, тістену, ашулану.*

**КІЖІНДІР=** ет. *Зығырданын қайнату, ызаландыру.*

**КІЖІНУ** *Кіжін етістігінің қимыл атауы.*

**КІЖІНУШІЛІК** зат. *Ашу-ыза.*

**КІЖІНІС** зат. *Реніш, ашу, ыза.*

**КІЖІНІС =** ет. *Зығырданы қайнау, сес көрсету, ыза болысу.*

**КІЖІНІСУ** *Кіжініс етістігінің қимыл атауы; сес көрсетісу.*

**КІЖІҢ** зат. *Ашу, ыза, кіжініс.*

**КІЖІҢДЕ=** ет. *Қожаңдау, қоқаңдау, күш көрсету.*

**КІЖІҢДЕУ** *Кіжіңде етістігінің қимыл атауы.*

**КІЖІҢДЕУІК** сын. *Қожаңдағыш, қоқаңдағыш.*

**КІЖІРЕЙ=** ет. сөйл. *Қыжыраю, қыржию, кіржию.*

**КІЖІРЕЙТ=** ет. сөйл. ***Күжірейт.***

**КІЗНЕ=** ет. көне. *Тығу, жасыру.*

**КІЛ**[1] зат. кәс. *Желді күндері толқында ауып кетпес үшін қайық ортасынан шығарылатын құыс.*

**КІЛ**[2] үст. *Үнемі, ылғи, әрқашан, кілең, бірыңғай.*

**КІЛӘБІР** зат. жерг. *Қайықтың алдыңғы жағында болатын кішкене желкен.*

**КІЛӘМКЕР** зат. жерг. *Киімілгіштегі киімдерді жауып қоятын ақ мата.*

**КІЛӘТ** зат. жерг. *Үй төбесіне көлденең салынатын арқалық.*

**КІЛӘШ** зат. кәс. *Жылымның қалтқы мен су түбінде жатқан тастар арасын қосып тұратын жібі.*

**КІЛБИ=** ет. *Ілмию, шілмию.*

**Көзі кілбиді.** *Жанары әлсіреп, көзі жұмылды.*

**КІЛБИТ=** ет. *Кілмиту, кіртиту.*

**КІЛБИЮ** *Кілби етістігінің қимыл атауы.*

**КІЛГІР=** ет. сөйл. ***Кілби.***

**Көзі кілгірді.** сөйл. ***Көзі кіртиді.***

**КІЛГІРТ=** ет. *Көзді жұму.*

**КІЛГІТ=** ет. *Айныту.*

**КІЛДІ** сын. *Ортасында қуысы бар.*

**КІЛЕГЕЙ** зат. **1.** тамақ. *Шикі сүттің бетінде пайда болатын майлы қабат; сүттің маңызы. // Қоймалжың, қабыршақ.* **2.** *Сұйық, қатыңқы нәрсенің бетінде пайда болатын жұқа қабат. // Жұқалаң, кірбік. // Селдір, сирек, жұқа, әлсіз.* **3.** анат. *Өсімдік, адам және жануар ағзасында болатын жабысқақ сұйық зат, сілекей, сөл.* **4.** ауыс. *Кірбің, кілтипан.*

**Кілегей қабық.** ***Кілегейлі қабық.*** **Кілегей тартты.** *Қатыңқырады, қабыршақтанды.*

**КІЛЕГЕЙЛЕ=** ет. *Жұқа қабат басу.*

**КІЛЕГЕЙЛЕН=** ет. **1.** *Жұқа қабат пайда болу, қабыршақтану.* **2.** *Қоймалжыңдану, іркілдеу.* **3.** ауыс. *Дымқылдану, сулану.*

**КІЛЕГЕЙЛЕНДІР=** ет. *Тұмандандыру, бұлдырату.*

**КІЛЕГЕЙЛЕНДІРУ** *Кілегейлендір етістігінің қимыл атауы.*

**КІЛЕГЕЙЛІ** сын. *Сулы, ылғалды, шырыштаы.*

**Кілегейлі жасуша.** анат. <mucocytus, лат. mucosa – кілегей, грек kytos – жасуша> *Кілегейлі секрет бөлетін безді жасуша.* **Кілегейлі қабық.** анат. <лат. tunika mucosae, tunica – қабық, mucosa – кілегей>. *Адам мен омыртқалы жануарлар ағзасындағы түтікше ішкі мүшелерінің ішкі қабығы.*

**КІЛЕГЕЙСІЗ** сын. *Таза, мөлдір.*

**КІЛЕМ** зат. *Еденге төсеу, қабырғаға тұту т.б. үшін түрлі-түсті жіптерден өрнек сала тоқылған үй мүлкі.*

**Кілем жапты.** а) *Кілеммен бастырды.* ә) *Кілем сыйлады.* **Кілем қоржын.** этн. *Кілемнен жасалған аспалы қоржын.* **Кілем тоқу.** *Қолмен немесе мәшинемен кілем өндіру процесі.*

**КІЛЕМДЕЙ** сын. *Кілем тәрізді: құлпырған, әдемі, әсем.*

**Кілемдей жайнады.** *Түрлі-түсті болып құлпырды, түрленді.*

**КІЛЕМДІ** сын. *Кілемі бар, кілем жайылған.*

**КІЛЕМДІК** сын. *Кілем тоқуға қажетті, кілем тоқитын.*

**КІЛЕМ-КІЛШЕ** зат. *Кілем және сол сияқты мүліктер.*

**КІЛЕМШЕ**[1] зат. *Шағын, кішкене кілем.*

**КІЛЕМШЕ**[2] үст. *Кілем сияқты, кілемге ұқсап.*

**КІЛЕМШІ** зат. *Кілем тоқитын адам.*

**КІЛЕҢ** үст. *Ылғи, кіл, өңшең.*

**КІЛЕТ** ор. зат. **1.** *Сойылған малдың (соғымның) етін, басқа да азық-түлік түрлерін сақтайтын салқын бөлме.* **2.** *Қойма, қамба.* **3.** *Сым темірден, шыбықтан торлап жасалған үйшік, орын.* **4.** кәс. *Шахтаға түсіп-шығуға арналған қорап.*

**КІЛЕТШІ** зат. жерг. *Қамбашы, қоймашы.*

**КІЛЕШ** зат. кәс. *Аудың екі басына байлайтын кішкене келте ағаш.*

**КІЛЖІҢ: кілжің етті.** сөйл. *Кіржің етті, кіржиді.*

**КІЛК** елік. *Сұйық немесе қоймалжың заттың шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**КІЛК-КІЛК** елік. *Сұйық немесе қоймалжың заттың қайта-қайта шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Кілк-кілк етті.** а) *Шылпылдады, шылп-шылп етті.* ә) *Қалың, бітік өсіп, жел лебіне жайқалады.*

**КІЛКУ =** ет. *Сорпа т.б. тағамның бетінде қалың май қабатының жүзіп жүруі, шылқу.*

**КІЛКІ** зат. жерг. *Майшабақ.*

**КІЛКІ =** ет. **1.** *Сорпа, көже сияқты т.б. сұйық тағамдардың бетінде қалың май қабатының қалқуы, майдың шылқуы.* **2.** *Іркілдеу, толу, жайылу.* **3.** *Қалқу, қаптап, тұнып тұру.*

**КІЛКІЛДЕ=** ет. **1.** *Шүпілдеу.* **2.** *Қалқу.* **3.** *Кілегей, қою сүт майының іркілдеуі.* **4.** *Іркілдеу.* **5.** *Быртию, білеулену.* **6.** ауыс. *Бітік өсу, тұнып тұру.*

**КІЛКІЛДЕК** сын. *Кілкіп тұратын, кілкілдеген.*

**КІЛКІЛДЕТ=** ет. *Лық толтыру.*

**КІЛКІЛДЕУ** *Кілкілдеу етістігінің қимыл атауы.*

**КІЛКІМЕ** зат. металл. *Түсті металдарды тазарту кезінде пайда болып, балқыма бетіне қалқып шығатын және механикалық жолмен бөлініп алынатын түсті металдардың қатты қосылысы.*

**КІЛКІН: кілкін кескен.** *Жайнаған, балғын.*

**КІЛКІНДЕЙ** сын. *Өрімдей, жайнаған, жайсаң.*

**КІЛКІНДЕЙ-КІЛКІНДЕЙ** сын. *Келісті, әдемі.*

**КІЛКІТ=** ет. **1.** *Қалқып алу.* **2.** ауыс. *Шашырау.*

**КІЛМИ**= ет. *Жүдеу, әлсіреу, кіртию, әлжуаздану.*

**КІЛМИТ=** ет. *Кіртиту, кілбиту.*

**КІЛМІК** сын. *Кілмиген, күлімсіреген.*

**КІЛТ**[1] зат. **1.** *Құлыпты ашып-жабуға арналған темір құрал.* **2.** *Белгілі бір нәрсені бұрап бекіту не босату үшін жұмсалатын құрал.* **3.** сөйл. ***Құлып.*** **4.** муз. *Нота жолының бірінде тұрып, оның аты мен биіктігін анықтайтын, нотаға түскен дыбыстың мәнін білдіретін нота жазуындағы белгі.* **5.** инф. <ағыл. key>. *Бағдарламаларға, жадтың берілген блоктарына немесе басқа да объектілерге ұқсастыру және тез қатынас құру, сондай-ақ оларды қорғау үшін пайдаланылатын символдардың немесе кодтардың жиынтығы.* **6.** ауыс. *Бір нәрсені түсіну, білудің, орындау, іске асырудың тиімді жолы, тетігі.*

**Кілттерді қорғау жадының блогы**. инф. *Тікелей қатынас құра алатын, аса тез әрекет жасайтын сыйымдылығы шағын арнайы сақтауыш құрылғының процессорына жататын блок.* **Кілттер менюі**. инф. <ағыл. key menu>. *Дербес компьютердің дисплей экранының бөліктерінің бірінде көрсетілетін жүйе мүмкіндіктерінің жинағы.*

**КІЛТ**[2] үст. *Кенет, шұғыл, тез, шапшаң.*

**КІЛТ**[3] елік. *Оқыс қозғалғанда дене буындарының шытыр, сықыр еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Кілт еткендей.** *Буыны тайғандай.* **Кілт етпе.** *Көбіне оқыс,ыңғайсыз қимылдағанда білінетін буын ауруы.//Жоққа өкпелегіш, тез ренжігіш.* **Кілт етті.** а) *Буыны сынды.* ә) *Жоққа өкпеледі, босқа ренжіді.*

**КІЛТЕН** зат. *Бұралаң, қалтарыс.*

**КІЛТЕҢ** зат. **1.** *Қаяу, кірбің, шер, күйініш.* **2.** жерг. ***Кілтипан.*** **3.** ауыс. *Рет, сәт.*

**КІЛТИ=** ет. *Өкпелеу, бұртию, тымыраю.*

**КІЛТИМЕ** сын. *Өкпешіл, ренжігіш, кілт етпе.*

**КІЛТИПАН** зат. **1.** *Кемістік, ақау, мін, шалағайлық, шикілік.* **2.** *Гәп, сыр.*

**КІЛТИПАНСЫЗ** сын. *Кемістіксіз, мінсіз.*

**КІЛТСІЗ** сын. *Кілті жоқ.*

**КІЛТТЕ=** ет. **1.** *Құлыпты кілтпен бұрап жабу, құлыптау.* **2.** ауыс. *Білдірмеу, құпиялау, жасыру.*

**КІЛТТЕГІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта кілттеу.*

**КІЛТТЕН=** ет. *Құлыптану.*

**Кілттеніп қалды.** *Құлыптанды, кілтсіз ашылмастай жабылды.*

**КІЛТТЕУ** *Кілтте етістігінің қимыл атауы; құлыптау.*

**КІЛТТЕУЛІ** сын. *Құлыптаулы, кілттелген, бекітулі.*

**КІЛТТЕУСІЗ** сын. *Құлыпсыз, кілттелмеген, бекітілмеген.*

**КІЛТТІ** сын. *Кілті бар, құлыпты.*

**КІЛТТІК** зат. жерг. *Есіктің құлып салатын шынжыры.*

**КІЛТШІ** зат. сөйл. **1.** *Күзетші.* **2.** *Қоймашы, қамбашы.*

**КІЛТШІЛІК** зат. сөйл. *Кілтші болушылық, қоймашылық.*

**КІЛТІЛДЕ=** ет. *Кілт-кілт ету, шаншып ауыру.*

**КІЛТІҢ**[1] зат. *Асу, кезең.*

**КІЛТІҢ**[2] зат. *Кірбің, реніш, дық.*

**КІЛШЕЙТ=** ет. *Сап түзеу.*

**КІМ** есім. *Адамға байланысты қолданылатын сұрау есімдігі.*

**Кім бар, кім жоқ.** *Алдағы күннің қандай болары беймәлім, кімнің тағдыры қалай болары белгісіз.* **Кім біледі.** а) *Белгісіз, беймәлім.* ә) *Сірә, бәлки, әлде, шамасы.* б). *Амал не, қайтерміз, әйтеуір.* **Кім білсін.** *Белгісіз, түсініксіз.* **Кімге сән [сән бе]?** *Кімге жарасар, ешкімге де ұнамас, мүлде дұрыс болмас.* **Кім де болса.** *Қандай адам болмасын, әркім-ақ.* **Кім де болса.** а) *Әркім-ақ.* ә) *Кім болса, ол болсын.* **Кім кепіл.** *Кім уәде береді, кім дәлел, айғақ болады, сенім бар ма деген мәндегі күмәндануды білдіретін сөзқолданыс.* **Кім көрінген.** *Кез келген адам, әркім.* **Кімнен әулие.** сөйл. экспр. жақтырмау. *Қай жері артық, қадірлі еді деген мағынада.* **Кімнің аузы барады.** *Ешкім айта алмайды.* **Кімнің дәті шыдайды? [шыдасын?].** а) *Ешкімнің төзімі жетпейді.* ә) *Батылы жетпейді, көңілі дауламайды.* **Кім тиді?** *Жылап қалған балаға: «Кім зорлық қылды», «кім ұрды» деген мағынада айтылатын жұбату сөз.* **Кім ұрды**? ойын. *Көзін бір қолымен қалқалап, екінші қолын қолтығының астынан өткізіп, теріс қарап тұрған ойыншы алақанын ұрған адамды табуды қажет ететін жасөспірімдер ойыны.*

**КІМДЕ-КІМ** есім. **1.** *Кез келген адам, біреу.* **2.** *Әркім, барлық адам.*

**КІМДІК** сын. *Кімдікі болса да.*

**КІМ-КІМ** есім. жерг. *Әркім, барлығы.*

**КІНӘ** [ир. گناه] зат. *Айып, жазық, ағаттық.*

**Кінә айтысты.** *Кінәласты, өкпе-наз білдірді.* **Кінә артты**. *Кінә қойды, кінәлады, айыптады.* **Кінә аударды [қойды, тақты].** *Жазғырды, айыптады, жазықты етті.* **Кінә жапты.** *Кінәлады, мін тақты.* **Кінәларын салауат қылды.** *Кінәларын кешірді.* **Кінәсін жуды.** *Қатесін, кемшілігін мойындады, айыбын тазартты.* **Кінәсін жуып-шайды.** *Айыбын жеңілдетті, жұмсартты.* **Кінәсін кешті [салауат қылды].** *Айыбын кешірді.* **Кінәсін мойындап келу.** заң. *Қылмыскердің анықтау, тергеу органдарына, прокуратураға, сотқа ерікті түрде келіп, өзін сот төрелігіне жығу ниетімен істеген қылмысы туралы мәлімдеме жасауы.*

**КІНӘДАЙ** сын. *Кінә сияқты, кінә тәрізді.*

**КІНӘЗ**[1] ор. зат. тар. *Князь, қолбасшы, билеуші.*

**КІНӘЗ**[2] сын. *Бипаз, кербез, сәнқой.*

**КІНӘЛА=** ет. *Біреудің кемшілік-мінін айтып мінеу, айыптау, жазғыру.*

**КІНӘЛАҒЫШ** сын. *Кінә таққыш, айыптағыш, міншіл.*

**КІНӘЛАН=** ет. *Айыпталу, жазғырылу.*

**КІНӘЛАС=** ет. *Бір-бірін жазықты етісу, айыптасу, жазғырысу.*

**КІНӘЛАСТЫР=** ет. сөйл. *Жазықты етістіру, бір-бірін айыптау.*

**КІНӘЛАСТЫРУ** *Кінәластыр етістігінің қимыл атауы.*

**КІНӘЛАСУ** *Кінәлас етістігінің қимыл атауы.*

**КІНӘЛАУ** *Кінәла етістігінің қимыл атауы.*

**КІНӘЛАУШЫ** зат. *Кінә тағушы адам, айыптаушы.*

**КІНӘЛЫ** сын. сөйл. ***Кінәлі.***

**КІНӘЛЫДАЙ** сын. сөйл. ***Кінәлідей.***

**КІНӘЛІ** сын. *Кінәсі бар, айыпты, жазықты.*

**КІНӘЛІДЕЙ** сын. *Кінәлі, айыпты адамдай.*

**КІНӘМПАЗ** сын. сөйл. ***Кінәмшіл.***

**КІНӘМШЫЛ** сын. сөйл. ***Кінәмшіл.***

**КІНӘМШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Кінәмшілдік.***

**КІНӘМШІЛ** сын. *Кінә таққыш, кірпияз, қыңыр.*

**КІНӘМШІЛДАН=** ет. *Кінә тағу, өзгені айыптау.*

**КІНӘМШІЛДІК** зат. *Адамның бойындағы басқаға айып тағуға бейім тұратын жағымсыз қасиеті.*

**КІНӘРАТ** зат. **1.** *Кемістік, мін, ақау.* **2.** *Сын, кінәлаушылық, мінеушілік.* **3.** ауыс. *Ауру, сырқат.*

**Кінәрат тағылды.** *Айыпталды, жоққа шығарылды, қате табылды.*

**КІНӘРАТ-ҚЫЛМЫС** зат. *Соңы қылмысқа апаруы мүмкін кінәрат.*

**КІНӘРАТСЫЗ** сын. *Кемшіліксіз, мінсіз, ақаусыз.*

**Кінәратсыз өмір салты.** *Қоғамның адамгершілік, моральдық нормаларын берік дәстүрге айналдыру.*

**КІНӘРАТТА=** ет. *Біреуді кінәлау, сөгу, айыптау, жазғыру.*

**КІНӘРАТ-ТАЛАП** зат. экон. <лат. praetensio> *Шарт міндеттемелерінің бұзылуына байланысты дауды ерікті түрде, сотқа жеткізбей шешу мақсатында несиегердің борышқорға қоятын талабы.*

**КІНӘРАТТАН=** ет. *Ауыру, сырқатқа шалдығу.*

**КІНӘРАТТАУ** *Кінәратта етістігінің қимыл атауы.*

**КІНӘРАТТЫ** сын. **1.** *Кемшілік-міні бар, ақауы бар.* **2.** ауыс. *Айыпты, кінәлі.* **3.** ауыс. *Нашар, әлсіз, аурулы.*

**КІНӘРАТТЫҚ** зат. *Кемшілік, ақаулық.*

**КІНӘРАТШЫЛ** сын. *Ауруға тез шалдыққыш; әлсіз, нәзік.*

**КІНӘРАТШЫЛДАУ** сын. *Әлсіздеу, нәзіктеу, көп күтімді қажет ететін.*

**КІНӘСІЗ** сын. *Кінәсі жоқ, айыпсыз, жазықсыз. // Қараптан-қарап, бостан-босқа.*

**КІНӘСІЗДІК** зат. **1.** *Кінәсі жоқтық, жазықсыздық.* **2.** заң. *Айыбы жоқтық, қылмысқа қатысы жоқтық.*

**КІНӘШІЛ** сын. *Кінә таққыш, кінәмшіл, міншіл.*

**КІНӘШІЛДІК** зат. *Кінә таққыштық, кінәмшілдік, шамшылдық.*

**КІНДІК** зат. **1.** анат. *Адамның, жануарлардың іште жатқан баласы қоректенуге және дем алуға әрекет жасайтын түтік тәрізді мүше.* **2.** анат. <лат. umbilicus> *Қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген кіндіктің орны.* **3.** *Арбаның төстігі мен бел темірдің, сондай-ақ сағат, диірмен тастарының ортасындағы өзектік темір.* **4.** ауыс. *Әлдененің ортасы, басы, байлауы, желісі.* **5.** ауыс. *Мекен, жайлы жер.* **6.** ауыс. *Ұйытқы, шоғыр. // Негізгі, басты.* **7.** ауыс. *Орта тұсы, бел ортасы.* **8.** ауыс. *Орталық үкімет ұйымдары. // Орталық.*

**Кіндігі бір.** а) *Бір анадан туған, туысы бір.* ә) *Пікірлес, бірігіп тізе қосқан.* **Кіндігінен жарады.** *Бауырын тартып жарады, бабына келді.* **Кіндігінен жаратты**. *Бабына келтірді, бабын жасады.* **Кіндік ата [әке].** а) *Жаңа туған нәрестенің кіндігін кескен ер адам.* ә) *Белгілі бір істің бастаушысы, негізін қалаушы, негізгі бас ие.* **Кіндік аурулары.** мед. *Жаңа туылған нәрестелер кіндігінің түрлі жарақаттардың не жұқпалы аурулардың салдарынан болатын кеселдері.* **Кіндік бала.** *Туған кезде кіндік шешесі кіндігін кескен ұл я қыз бала.* **Кіндік бау.** анат. < лат. funiculus umbilicalis> *Адам мен барлық плацентлы жануарлардағы ұрық пен плацентаны байланыстыратын анатомиялық құрылым.* **Кіндік бойы.** *Белуарға дейінгі деген ұғымды білдіретін халықтық өлшем.* **Кіндік буған жер**. *Кіндік кескен, туып-өскен жер.* **Кіндік ене.** ***Кіндік шеше***. **Кіндік жарығы**. мед. *Нәресте кіндігінің айналасындағы тіндер тығыздығының әлсіреуінен, кіндік сақинасының толық жабылмай және құрсақ бұлшық еттері арасының ажырауынан болатын кіндік ауруы.* **Кіндік жұрт.** *Атамекен, ата қоныс, туған жер.* **Кіндік кесіп, кір жуған жер.** *Өсіп-өнген, туған ел, атамекен.* **Кіндік қазық.** *Ортадағы нағыз мықты, бел қазық.* **Кіндік қаны тамған жер.** *Туған жер, өскен ел.* **Кіндік темір.** *Арбаның, диірменнің т.б. құралдардың тетігін қосып, жалғастырып тұратын өзек темір, оқ темір.* **Кіндіктен жалғыз.** *Атадан бір өзі ғана, өзінен басқа туысы жоқ, жалқы.* **Кіндіктен төмен ұру.** *Қалыптасқан қарым-қатынас ережесіне (салтына) жат, жігіттікке жатпайтын әрекетке бару, әдепке кірмейтін тәсілді қолдану.* **Кіндік тұстан**. *Тура, дәл, орта тұсынан.* **Кіндіктің тұсы.** *Белуарға дейінгі, белге дейінгі жер.* **Кіндік үзіп кетті.** *Арақатысты жоғалтты, ат ізін салмай, қол үзді.* **Кіндік шеше.** а) *Жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел адам.* ә) *Жаңа туған нәрестені перзентханадан алып шығып, салт-жоралғысын орындайтын әйел адам.* **Қос кіндік.** *Малда, көбінесе бұзауда болатын ауру.*

**КІНДІКБАУ** зат. этн. *Киіз есік сыртының ортасынан жоғарырақ тағылатын, бір жарым құлаштай термебау [Бұл баумен есікті боран, жел соққанда бастырып, төменгі белбеуден байлап қояды. Ал күн ашықта есікті түріп байлауға, адамдар сыртқа кеткенде есікті екі жағынан бастырып байлауға қолданылады].*

**КІНДІККЕСЕР** зат. этн. *Жас нәрестенің кіндігін кескенде берілетін кәде, сыйлық.*

**КІНДІКСІЗ** сын. *Ұрпақсыз, ұрықсыз, тұқымсыз.*

**КІНДІКТАМЫР** зат. бот. *Жуан боп өскен негізгі білеу тамыр.*

**КІНДІКТЕС** сын. **1.** *Бір анадан туған, туыстас.* **2.** ауыс. *Төркіндес, ұштас, жалғас. //Пікірлес адам.*

**КІНДІКТЕСТІК** зат. *Белгілі бір нәрсемен байланыстылық, ортақтастық, тұтасқан бірлестік.*

**КІНДІКТІ** сын. **1.** *Ұрпақты, тұқымды, нәсілді.* **2.** ауыс. *Өзекті, өзегі бар.*

**КІНДІКТІК** сын. **1.** *Кіндікке қатысты, соған тән.* **2.** ауыс. *Орталықтық, астаналық.*

**КІНДІКШӨП** зат. өс. *Буршікбасы адамның кіндігіне ұқсас топ.*

**КІНДІКШІ** зат. *Босану кезінде медициналық жәрдем көрсететін әйел адам.*

**КІНЕГЕ** [ор. книга] зат. сөйл. ***Кітап.***

**КІНЕК** зат. кәс. *Желкеннің арқанын байлайтын ағаш.*

**КІПАРАТ** [ар. كفارة] зат. көне. *Кемшілік, мін, ақау.*

**КІП-КІШКЕНЕ** сын. *Тым кішкене, титімдей.*

**КІП-КІШКЕНТАЙ** сын. **1.** *Өте кішкене, шүйкедей, жұдырықтай.* **2.** *Азғантай, шап-шағын, шамалы.* **3.** *Тіптен жас, бүлдіршіндей.*

**КІПІ: кіпі алды.** жерг. *Бір нәрседен сезіктенді, көңіліне күдік алды, секемденді.*

**КІР[1]** [ор. гиря] зат. **1.** *Белгілі бір заттың ауырлық я жеңілдік салмағын өлшейтін түрлі нұсқада жасалған таразы.* **2.** *Таразыға салынған зат салмағын белгілейтін әртүрлі салмақтағы темір тасы.* **3.** спорт. *Ауыр атлетика жаттығуларына пайдаланатын түрлі салмақтағы темір тас.*

**Кірге тартты.** а) *Салмағын өлшеді, таразылады.* ә) *Ойланды, ақылға салды.* **Кір көтеру.** спорт. *Халық арасында кең тараған, шойыннан құйылған кірді бір қолмен көтеріп жарысатын спорт түрі.*

**КІР[2]** зат. этн. *Мініске, жұмысқа пайдаланатын мал күшінің ақысы, тер майы.*

**КІР[3]** сын. **1.** *Таза емес, былғаныш, лас. // Түрлі кір-қоң, кірлеген киім-кешек. // Жуылған киім.* **2.** ауыс. *Жаман ой, көңілдің ала-құлалығы, сенімсіздік, күдікшілдік.* **3.** ауыс. *Жаманат.*

**Кір айналдырмады.** жерг. *Шаң жуытпады, еш нәрсе жұқтырмады, таза жүрді.* **Кір басты.** а) *Әбден кірледі.* ә) *Қайғы меңдеді, уайым көбейді.* **Кір боқша.** жерг. *Кір салатын қалта.* **Кірді ашады.** *Кір қалдырмайды, тазартады, тазалайды.* **Кір етек етті.** *Екі қабат етті, жүкті қылды, бала көтергіш етті.* **Кір жайды.** *Жуылған киімдер, заттарды кепсін деп жаймалап ілді.* **Кір жақты.** *Қаралады, даттап, жала жапты.* **Кір жуып, кіндік кескен жер.** *Өсіп-өнген жер, атамекен, туған ел.* **Кір [шаң] жуытпады.** а) *Шаң жұқтырмады, кір жұқтырмады, таза сақтады.* ә) *Ақтап алды, сөз келтірмеді.* **Кір жұққызбады.** *Шаң жуытпады, жаманат келтірмеді, ұятқа қалғызбайды.* **Кір жұққызды.** *Ұятқа қалдырды, жаманат келтірді.* **Кір жұқтыру.** *Жаманат келтіру.* **Кір келтірді.** *Ұят жасады, жаманатқа қалдырды, басын қорлады.* **Кір көңіл.** *Арам, пасық, топас, надан.* **Кір көтергіш.** *Кірлегені білінбейтін.* **Кір сабын.** *Кірсабын (тұрмыста пайдалану үшін 65, 70 және 72%-дық қышқылдар қосылып дайындалатын қатты, кептірілген, кір жууға арналған сабын).* **Кір тарқады.** *Көңілдегі ыза-кек, ашу басылды, уайым-қайғы жоғалды, қаяу кетті.* **Кір шалды.** *Кірленді, ластанды.* **Кір шалмаған.** *Пәк, таза.* **Кір шалмас.** *Пәк, адал.* **Кірі бес елі [батпан].** *Баттасқан кір, өте былғаныш.* **Кірін кетірді.** *Жуды, тазалады.* **Кірі сіңді.** *Жерсінді.*

**КІР=** ет. **1.** *Ену, келу.* **2.** *Жолығу, кездесу.* **3.** *Сұғылу, бату.* **4.** *Суға түсу, бойлау.* **5.** ауыс. *Пайда келу, олжа түсу.* **6.** ауыс. *Белгілі бір ұйымға мүше болып өту, қабылдану.* **7.** ауыс. *Жоғары оқу орнына, мектепке түсу, орналасу.* **8.** ауыс. *Араласу, қатысу.* **9.** ауыс. *Басталу, түсу, келу.* **10.** ауыс. *Белгілі бір нәрсеге тән болу, соның қатарына жату.*

**Кірерге көр [жер, қуыс, тесік] таппады [қалмады].** *Барар жер, басар тауы болмай қысылды; қатты қиналды, ұялды, жұрттың бетіне қарай алмады.* **Кірсе шыққысыз.** *Жайнап тұрған, келіскен, әшекейлі.* **Кіріп шықты.** Жолығып кетті, келді.

**КІРАЗА** [ир. گراز] зат. ескі кіт. *Қабан, азбан, шошқа.*

**КІРАНДАС** [ор. граница] сын. сөйл. *Шекаралас, шектес.*

**КІРАУАТ** [ор. кровать] зат. сөйл. ***Кереует.***

**КІРӘ** зат. ***Кіре.***

**КІРӘЖІ=** ет. *Кейіп сөйлеу.*

**КІРӘНЖІЛІК** [ор. кренделик] зат. жерг. тамақ. *Наубайханада пісірілетін ширатпа тоқаш.*

**КІРӘП** сын. ескі кіт. *Кіріптар, тұтқындалған.*

**КІРБЕЛЕҢ[1]** зат. сөйл. *Реніш, кейіс, кірбің.*

**КІРБЕЛЕҢ[2]** сын. **1.** *Күңгірт, көмескі, алақұла.* **2.** ауыс. *Жайсыз, көңілсіз, орынсыз.*

**КІРБЕЛЕҢДЕ=** ет. *Кірбіңдеу, қипыңдау, күмілжу.*

**КІРБЕЛЕҢСІЗ** үст. *Ойланбастан, бірден, сол бойдан.*

**КІРБЕҢ** зат. **1.** *Реніш, кейіс, қаяу.* **2.** *Күдік, сенімсіздік, үмітсіздік.*

**КІРБЕҢДЕ=** ет. **1.** *Жақтырмай тыржию, кіржіңдеу.* **2.** *Кібіртіктеу, күмілжу.* **3.** *Ербеңдеу, шоқаңдау.* **4.** ауыс. *Көлеңке тарту, көмескілену, қоюлану.*

**КІРБЕҢДЕТ=** ет. *Көмескілендіру, реңін бұзу.*

**КІРБЕҢДЕТУ** *Кірбеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КІРБЕҢДЕУ** *Кірбеңде етістігінің қимыл атауы; кібіртіктеу, күмілжу.*

**КІРБЕҢДІ** сын. *Ренішті, кейісті.*

**КІРБЕҢДІК** зат. **1.** *Реніш, кейістік, көңіл толмаушылық.* **2.** *Күдік, сенімсіздік.*

**КІРБЕҢ-КҮЙБЕҢ** сын. *Сиықсыз, сырқай, мәнсіз, ұсақ-түйек, қыбыр-жыбыр.*

**КІРБЕҢСІЗ** сын. **1.** *Реніشсіз, ешбір кейістігі жоқ, көңілі қаяусыз.* **2.** *Кіршіксіз, таза, ашық.*

**КІРБИ=** ет. *Кіртию, ештеңені жақтырмау, тыржию.*

**КІРБИІҢКІРЕ=** ет. сөйл. ***Кіртиіңкіреу.***

**КІРБИТ=** ет. *Кіржиту, тыржиту.*

**КІРБИТУ** *Кірбит етістігінің қимыл атауы.*

**КІРБИЮ** *Кірби етістігінің қимыл атауы.*

**КІРБІК** сын. *Жұқа ғана түскен қырбық (қар).*

**Кірбік басқызбады.** *Тапжылтпады, сол қалпында көрсетті.*

**КІРБІКТЕН=** ет. *Кірбік түсіп, қату.*

**КІРБІКТЕНУ** *Кірбіктен етістігінің қимыл атауы.*

**КІРБІЛЖІҢ** зат. *Кикілжің, реніш.*

**КІРБІҢ** зат. **1.** *Бір нәрсеге разы болмау, көңіл толмау я көңілі қалумен байланысты туатын реніш, кейіс, қаяу, кикілжің.* **2.** *Күдік, көңілге түскен дақ.* **3.** *Қайғы, уайым, мұң.* **4.** ауыс. *Жай ғана ілбіп қимылдаған кібіртік, баяу қимыл.* **5.** ауыс. *Бұлыңғыр, мұнартқан жай, күңгірт көрініс.*

**Кірбің басты.** *Ақырын, жай ғана ілбіп жүрді.* **Кірбің қабақ.** *Реніш, түсінбестік.* **Кірбің қабақпен қарсы алды.** *Жақтырмады, жаратпады.* **Кірбің қақты.** *Қабақ түйді, қабақ шытты, жабырқады, көңіліне алды.* **Кірбің тартқызды.** *Шаршатты, діңкелетті.* **Кірбің шалды.** *Ренжіді, налыды, кейіді, көңіліне қаяу түсті.*

**КІРБІҢДЕ=** ет. **1.** *Тыржию, кіржіңдеу.* **2.** *Өз ойын айқын, анық айта алмай күмілжу, кібіртіктеу, міңгірлеу.*

**КІРБІҢДЕТ=** ет. **1.** *Күмілжіту, кібіртіктету.* **2.** ауыс. *Бұлыңғыр тартқызу, күңгірттендіру.*

**КІРБІҢДЕУ[1]** сын. *Жабырқаңқы, қабағы қатыңқылау, жүдеулеу.*

**КІРБІҢДЕУ[2]** *Кірбіңде етістігінің қимыл атауы; жақтырмай тыржию, кіржіңдеу.*

**КІРБІҢДІК** зат. *Кейістік, реніш, налушылық, кикілжіңдік.*

**КІРБІҢДІ** сын. *Қайғылы, мұңлы.*

**КІРБІҢ-КІРЕУКЕ** зат. *Уайым-қайғы, мұң.*

**КІРБІҢСІЗ** сын. **1.** *Кейістігі жоқ, қаяусыз, ренішсіз.* **2.** *Кіршіксіз, бүкпесіз, адал, таза.* **3.** ауыс. *Бұлтсыз, бұлыңғырсыз.*

**КІРБІҢШІЛ** сын. *Ешбір зіл я әзілді көтермейтін ашушаң, не болса соған кейігіш.*

**КІРГІЗ=** ет. **1.** *Әлдененің ішіне өткізу, ендіру.* **2.** *Әлдененi тықпалау, тыққыштау.* **3.** *Әлдененің құрамына енгізу, қосу.* **4.** ауыс. *Жөн-жоралғысын жасамай-ақ, әйелдікке әкеліп алу, үйлену, келін әкелу.*

**КІРГІЗУ** *Кіргіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің ішіне енгізу, өткізу.* **2.** *Әлдененің құрамына енгізу, қосу.*

**КІРГІЗУЛІ** сын. *Кіргізілген, кіргізіп қойылған.*

**КІРГІЗІЛ=** ет. *Енгізілу, өткізілу.*

**КІРГІЗІЛУ** *Кіргізіл етістігінің қимыл атауы; құрамына қосылу, енгізілу.*

**КІРГІЗІС=** ет. **1.** *Енгізісу, ішке өткізісу.* **2.** *Тасысу, көмектесу.*

**КІРГІЗІСУ** *Кіргізіс етістігінің қимыл атауы.*

**КІРГІЛЖІҢ** зат. сөйл. ***Кикілжің.***

**КІРГІН** зат. ескі кіт. ***Кірме.***

**КІРГІЛІК** зат. *Қиянат, қиямпұрыстық, қысастық, залымдық, зымияндық.*

**КІРДЕЙ** сын. *Кір сияқты, кір тәрізді.*

**КІРДІЛІ-ШЫҚТЫЛЫ** сын. сөйл. ***Кіресілі-шығасылы.***

**КІРДІҢ** зат. жерг. *Көңілге түскен қаяу, кірбің, реніш.*

**КІРДІР=** ет. ***Кіргіз.***

**КІРЕ[1]** [ар. كراء] зат. көне. **1.** *Жалдамалы күш көлігі, лау.* **2.** *Бір қала мен екінші қала арасына түрлі тауар, жүк тасытын керуен.* **3.** ***Кірепұл.***

**Кіре айдады.** *Кіре тартты, жүк тасыды.* **Кіреге салды.** *Кіреге пайдаланды, күш көлігі ретінде жекті.* **Кіреге шықты.** *Жүк тасуға аттанды.* **Кіре көтермейді.** *Күш көлік шығынын өтемейді.* **Кіре салды.** *Жалға жүк тасыды, күш көлік жалдады.* **Кіре тартты.** *Жалға жүк тасыды, керуен айдады.*

**КІРЕ[2]** зат. көне. *Жебені садақтың адырнасына салып тартқанда кіргізетін кертік.*

**КІРЕ[3]** зат. *Шабылған шөптің әрбір жолы, жал-жал боп үйілген дестесі.*

**КІРЕ[4]: кіресі бос.** *Көңілі бос.*

**КІРЕБЕРІС** зат. **1.** *Үй, ғимарат т.б. жайлардың есік алды, кіретін жері.* **2.** *Дәл алды, кірген бойда көзге түсетін жер.*

**Кіреберіс бөлме.** *Үйлер мен пәтерлердегі есіктен кіргеннен кейінгі сырт киім мен аяқкиім шешетін бөлме.* **Кіреберіс дәліз.** *Көп қабатты тұрғын үйлердің кіруге арналған алдыңғы бөлігі, подъезд.*

**КІРЕЙ** зат. жерг. *Күш көлігін жалдап табатын пайда.*

**Кірей салды.** *Кіре салды, жалға жүк тасыды.*

**КІРЕКЕЙ** зат. зоол. *Аюдың ұрғашысы.*

**КІРЕКЕСТЕН =** ет. *Бәлсіну, кейкию, кекірею.*

**КІРЕКЕСТЕНУ** *Кірекестен етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЕКЕСУ** зат. машина жасау. *Кескішті берілген кесу тереңдігіне қою процесі.*

**КІРЕКЕШ** [ар.+ир. كراكش] зат. *Кіре тартушы, жүк тасушы.*

**КІРЕКЕШТІК** зат. *Кірекеш қызметін істеушілік, кірекеш кәсібімен шұғылданушылық.*

**КІРЕЛЕ =** ет. **1.** *Кіремен жүк тасу, тасымалдау.* **2.** ауыс. *Топтап айдап алу, жинап әкету.*

**КІРЕЛЕУ** *Кіреле етістігінің қимыл атауы; кіремен жүк тасу.*

**КІРЕЛІ** сын. *Кіресі бар, кіресі мықты.*

**КІРЕЛІ-ШЫҒАЛЫ** сын. сөйл. ***Кіресілі-шығасылы.***

**Есі кірелі-шығалы.** а) *Ақыл-ойы толып жетпеген, әлі жас.* ә) *Есеңгіреген, аурудан не ауыр соққыдан есін жия алмаған.*

**КІРЕҢКЕ** зат. *Сүт құю үшін жасалған ұзынша келген қыш құмыра.*

**КІРЕПҰЛ** зат. көлік. <нем. Fracht> *Әртүрлі көлікпен жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау қызметін көрсеткен үшін көлік құралдарының иесіне төленетін төлемақы.*

**КІРЕР-КІРМЕСТЕН** үст. *Кірмей жатып, келер-келместен.*

**КІРЕРЛІ-ШЫҒАРЛЫ** с ы н. с ө й л. ***Кіресілі-шығасылы.***

**КІРЕР-ШЫҒАР** с ы н. *Кіріп-шығатын, кіреберістегі.*

**КІРЕС**[1] з а т. с ө й л. ***Кіріс.***

**КІРЕС**[2] [ор. крест] з а т. ***Айқыш.***

**КІРЕСІ** з а т. *Пайда, олжа, кіріс.*

**КІРЕСІЛІ-ШЫҒАСЫЛЫ** с ы н. **1.** *Кірмелі-шықпалы.* **2.** а у ы с. *Тұрақсыз, өзгермелі, құбылмалы, екіжүзді.* **3.** а у ы с. *Аумалы-төкпелі, аласапыран.*

**КІРЕУ**[1] с ы н. *Қалың, көп. // Қабат, қатпар.* **Көзін кіреу басты.** *Көзінің нұры тайды, бұлыңғыр тартты.*

**КІРЕУ**[2] з а т. к ө н е. *Сенімдік белгісін білдіретін кепіл.*

**КІРЕУЕТ** [ор. кровать] з а т. с ө й л. ***Кереует.***

**КІРЕУКЕ** з а т. **1.** к ө н е. *Жаугершілікте жорыққа киетін, жейде түрінде дөңгелек шығыршықтардан өрілген торлы темір сауыт.* **2.** к ө н е. *Алтын жіппен тігілген, жібектен жасалған қымбат шапан.* **3.** а у ы с. *Буалдырланған, бұлыңғыр күңгірттік.* **4.** а у ы с. *Көмескі көлеңке, ширкеу.* **5.** а у ы с. *Көңілдегі қаяу, уайым, мұң.*

**Кіреуке басты.** *Күңгірт шалды, бұлыңғыр тартты, буалдырланды.* **Кіреуке етті.** *Медеу қылды, сүйеніш етті.* **Кіреуке кежім.** к ө н е. *Ежелгі дүние мен орта ғасырларда ауыр қаруланған әскердің жорыққа мінетін аттарына жабылған, болат шығыршықтардан өріліп жасалған торлы сауыт.* **Кіреуке салды.** *Тосқауыл, бөгет жасады.* **Кіреуке сауыт.** э т н. *Торлы сауыт.* **Кіреуке тартты.** *Бұлыңғырланды, күңгірт шалды, қарауытты.* **Кіреуке тон.** э т н. *Әсемдеп, сәндеп тігілген бағалы сырт киім, құнды тон.* **Кіреуке тонның жағасы.** *Қадірлі, құрметті деген мағынада.* **Кіреуке түсірді.** *Қылау салды, реніш тудырды, қаяу түсірді.*

**КІРЕУКЕДЕЙ** с ы н. *Кіреуке сияқты, кіреуке тәрізді.*

**КІРЕУКЕЛЕ=** е т. **1.** *Бүркемелеу, көлегейлеу, торлау.* **2.** а у ы с. *Күңгірттеу, бұлыңғыр тарту, бұлдырлау.*

**КІРЕУКЕЛЕН=** е т. *Күңгірттену, бұлдырлану.*

**КІРЕУКЕЛЕНДІР: қабағын кіреукелендірді.** *Қабағын түйді, қабақ шытты.*

**КІРЕУКЕЛЕНДІРУ** *Кіреукелендір етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЕУКЕЛЕНУ** *Кіреукелен етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЕУКЕЛІ** с ы н. **1.** *Кіреукесі бар, сауыт киген.* **2.** а у ы с. *Қиындығы бар, тосқауылы күшті.* **3.** а у ы с. *Көңілінде реніші бар, кейісті, мұңды.*

**КІРЕУКЕСІЗ** с ы н. **1.** *Кіреукесі жоқ.* **2.** а у ы с. *Кіршіксіз, таза.* **3.** а у ы с. *Ашық, тұнық.*

**КІРЕУЛЕН=** е т. *Жұқа боп қатып, кеуіп қалу.*

**КІРЕШЕК** з а т. с ө й л. ***Киреші.***

**КІРЕШІ** з а т. *Кіре тартушы, кірекеш.*

**КІРЖАҒАЛ** с ы н. *Кірлеген, саталданған, кір-қожалақ.*

**КІРЖАМБАЗ** с ы н. *Кіржағал, кір шалған, кірлеген.*

**КІРЖИ=** е т. **1.** *Біреудің айтқан сөзін я істеген ісін жаратпай ренжіген түр көрсету, жақтырмай тыржию.* **2.** *Кіртию, кіржіңдеу, салбырау.* **3.** а у ы с. *Түнжырау, бұлттану.*

**КІРЖИТ=** е т. *Жақтырмаған түр көрсету, тыржию.*

**КІРЖИТУ** *Кіржит етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЖИІҢКІ** с ы н. *Еш нәрсені жаратпаған реніште, тыржиыңқы.*

**КІРЖИІС** з а т. *Ренжіс, кейістік, қытымырлық.*

**КІРЖУҒЫШ** з а т. т е х. *Автоматты және механикалық тәсілмен кірлеген бұйымдарды, киім-кешек т.б. заттарды жуып-шайқайтын мәшине, тұрмыстық техника.*

**Кіржуғыш мәшине.** т е х. ***Кіржуғыш.*** **Кіржуғыш ұнтақтар.** *Кір жууда қолданылатын синтетикалық ұнтақтар.*

**КІРЖІК** с ы н. *Қыржиған, кіржиген, тыржиған.*

**КІРЖІКТЕ=** е т. *Кібіртіктеу, күржіктеу.*

**КІРЖІҢ** з а т. **1.** *Жақтырмаған, жаратпаған нышан, белгі.* **2.** *Күйбең, кібіртік қимыл.*

**Кіржің етті.** *Жақтырмаған пішін білдірді, жаратпады.*

**КІРЖІҢДЕ=** е т. *Жақтырмау, тыржыңдау, тыжырыну.*

**КІРЖІҢДЕС=** е т. *Тыржыңдасу, кірбіңдесу.*

**КІРЖІҢДЕСУ** *Кіржіңдес етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЖІҢДЕТ=** е т. *Жақтыртпау, түрін тыржыңдату.*

**КІРЖІҢДЕТУ** *Кіржіңдет етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЖІҢДЕУ** *Кіржіңде етістігінің қимыл атауы.*

**КІРЖІҢ-КІРЖІҢ** е л і к. *Жақтырмай, ұнатпай, қайта-қайта тыржиған, кіржіңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Кіржің-кіржің етті.** *Жақтырмай, тыржың-тыржың етті.*

**КІР-КҮЙЕЛЕШ** с ы н. *Кір-қожалақ.*

**КІРКІЛДЕ=** е т. с ө й л. ***Күркілде.***

**КІРКІЛЖІҢ** з а т. с ө й л. ***Кикілжің.***

**КІР-КІР** с ы н. *Әбден кірлеген, өте лас, сатал.*

**КІР-КІРБЕҢ** з а т. *Көңілдегі кіржің, кейіс, реніш.*

**КІРКІРЕ=** е т. *Қыр-қыр ету, қырылдау.*

**КІР-КІРЕУКЕ** з а т. **1.** *Жиреніштi кір-қоқыр;* **2.** а у ы с. *Жат пікір, теріс ой.*

**КІР-ҚОЖАЛАҚ** с ы н. *Әбден кірлеген, сатал-сатал, кір-кір.*

**КІР-ҚОЖАЛАҚТАН=** е т. *Кір-кір, сатал-сатал болу, әбден кірлеу.*

**КІР-ҚОҚЫР** з а т. *Әртүрлі кір, лас, қоқыс заттар.*

**КІР-ҚОҚЫС** з а т. **1.** *Кір-қоқыр, кір-қолаң.* **2.** а у ы с. *Жаман әдет, бықсық қылық, ұсақ-түйек сөз.*

**КІР-ҚОЛАҢ** з а т. **1.** *Кір-қоң, қоқыр-соқыр, лас нәрселер.* **2.** а у ы с. *Жаман қылық, теріс пікір.*

**Кір-қолаң шалмады.** *Былғанбады, ластанбады, бүлінбеді.*

**КІР-ҚОҢ** з а т. *Кірлеген киім-кешек, кір-қолаң, анау-мынау зат.*

**КІР-ЛАС** с ы н. *Кір-қожалақ, салтақ-салтақ.*

**КІРЛЕ**[1]**=** е т. **1.** *Лас болу, әбден кір басу.* **2.** а у ы с. *Даттау, жамандау, былғау, дақ түсіру.* **3.** а у ы с. *Бөтен ой, теріс пиғыл келу, құлық-сұмдық ойлау.*

**КІРЛЕ**[2]**=** е т. э т н. *Пісіріліп болған киізді орап, буып тастап, үстіне су құю.*

**КІРЛЕГЕН** з а т. ж е р г. ***Леген.***

**КІРЛЕН** з а т. ж е р г. *Мыстан не темірден істелген, ыңғайлы, жеңіл шылапшын, леген.*

**КІРЛЕН=** е т. **1.** *Әбден кір болу, ластану.* **2.** а у ы с. *Былғану, жаман болу, күнәсі көбею.* **3.** а у ы с. *Бекерге әуре болу, сөзге қалу.*

**КІРЛЕҢКІ** с ы н. *Кір шалған, кірленген, кір түскен.*

**КІРЛЕҢКІРЕ=** е т. *Кір басыңқырау, кір шалыңқырау.*

**КІРЛЕТ=** е т. **1.** *Кір қылдыру, ластату.* **2.** а у ы с. *Көмескілендіру, ескірту.*

**КІРЛЕТУ** *Кірлет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кір қылдыру, ластату.* **2.** а у ы с. *Жамандау, айыптау.*

**КІРЛЕУ**[1] с ы н. *Кір шалған, кірлей бастаған.*

**КІРЛЕУ**[2] *Кірле етістігінің қимыл атауы; даттау, жамандау, былғау, дақ түсіру.*

**КІРЛЕУ**[3] э т н. *Кірле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пісіріліп болған киізді орап, буып тастап, үстіне су құю.* **2.** *Пісірілген киіз, текеметті бүктеп, су құйып, жылылап жауып булау.*

**КІРЛІ** с ы н. **1.** *Лас, былғаныш, таза емес.* **2.** а у ы с. *Айыпты, кінәлі, жазықты, адал емес.*

**Кірлі көңіл.** *Мұңды, шерлі жүрек, уайым, қайғы басқан көңіл күй.*

**КІРЛІК** з а т. *Кірлеушілік, кір болушылық.*

**КІРМЕ**[1] з а т. *Атамекенін тастап, басқа бір руға, елге, ортаға ауып келген, келімсек адам, топ, отбасы немесе ру.*

**Кірме жол.** к ө л і к. а) *Теміржол стансыларындағы жол тарамдары.* ә) *Өнеркәсіп орындарына жүк көлігі кіретін жолдар.* **Кірме сөз.** л и н г в. *Басқа тілден енген бөгде сөз.*

**КІРМЕ**[2] з а т. г е о г р. *Мұхиттар мен теңіздерде және көлдердің кіреберісіндегі шығанақтар.*

**КІРМЕДЕЙ** с ы н. *Кірме адамдай, келімсектей.*

**КІРМЕЛЕУ** с ы н. *Кірмедей, келімсек сияқты, келімсекке ұқсас.*

**КІРМЕЛІК** з а т. *Басқа елден, бөтен жерден келгендік, келімсектік.*

**КІРМЕМБАС** с ы н. *Ну, қалың (қорыс), самсаған.*

**КІРНЕ** з а т. м е д. *Құрсақ қуысындағы ішек, соқырішек, тік ішек, кілегей қабық, бауыр, бүйрек т.б. мүшелердің кенеттен қатты асқынуынан болатын ауру.*

**КІРНЕДЕЙ** с ы н. *Кірне сияқты, кірне тәрізді.*

**КІРНЕЛЕ=** е т. *Кірне ауруына шалдығу, құрсақ қуысындағы мүшелердің ауруы.*

**КІРПИ=** е т. с ө й л. *Кірбию, кіртию.*

**КІРПИЯЗ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. **1.** *Менменшіл, асқақ, өзін-өзі жоғары ұстайтын тәкаппар, кердең.* **2.** *Талғампаз, кербез.*

**КІРПИЯЗДАН=** е т. *Асқақтау, тәкаппарланып кердеңдеу, паңдану.*

**КІРПИЯЗДАНУ** *Кірпияздан етістігінің қимыл атауы.*

**КІРПИЯЗДАУ** с ы н. *Кінәмшілдеу, кердеңдеу.*

**КІРПИЯЗДЫҚ** з а т. **1.** ж а ғ ы м с ы з. *Әсірекінәмшілдік, кердеңдік.* **2.** *Талғампаздық, кербездік.* **3.** а у ы с. *Күтімді қажет ететін.*

**КІРПІ** з а т. **1.** *Терісін тікенек тәрізді инелер басқан кішігірім жәндік.* **2.** з о о л. <лат. erinaceinae> *Сүтқоректілер класы жәндік қоректілер отрядының бір тұқымдасы.*

**Кірпі көрді.** *Шошыды, жиренді.* **Кірпі қабақ.** *Түксиген, ашулы кейіп, түр.* **Кірпі шаш.** а) *Инедей қадалып тік тұратын, қайратты шаш.* ә) *Қайратты, қалың шашты машинкамен тұқыл етіп қиып, тікірейтіп «кірпі» етіп қою тәсілі, сәні.* **Кірпі шыбындар.** з о о л. <лат. tachinidae> *Қосқанаттылар отрядына жататын қысқа мұртты шыбындар тұқымдасы.*

**КІРПІБАЛЫҚ** з а т. з о о л. <лат. diodontidae> *Пішіні кірпіге ұқсас домалақтау келген, терісінде 5 см-ге жететін көптеген тікені болатын, суы жылы мұхитта тіршілік ететін балықтың түрі.*

**КІРПІБАЛЫҚ** з а т. б а л ы қ ш а р. *Суы жылы мұхиттарда тіршілік ететін кәсіптік маңызы шамалы, пішіні кірпіге ұқсайтын балық.*

**КІРПІБАС** з а т. ө с. <лат. sparganium> *Шабындық, жайылымдыққа жататын шөптесін өсімдік туысы.*

**Кірпібас тұқымдасы.** ө с. <лат. sparganiaceae> *Негізінен субарктикалық, қоңыржай және субтропиктік аймақтарда таралған, суда және батпақта өсетін көпжылдық өсімдіктер.*

**КІРПІДЕЙ** с ы н. *Кірпі сияқты, кірпі тәрізді.*

**Кірпідей жиырылды.** а) *Бүк түсіп, бүрісіп жатып алды.* ә) *Жаратпады, ұнатпады, тыжырынды, тыржиды.* **Кірпідей көрінді.** *Жек көрінішті болды, сүйелдей батты.* **Кірпідей қадалды.** *Жанына қатты батты, көңіліне алды.* **Кірпідей тыжырынды.** *Еш нәрсені ұнатпады, жаратпады.* **Кірпідей тікірейді.** *Кірпінің тікеніндей едірейіп тұрды.*

**КІРПІК**[1] з а т. а н а т. <лат. cilium> **1.** *Көз қабығының жиегіндегі түк, қылшық.* **2.** а у ы с. *Қылтанақ, ұшы.* **3.** а у ы с. *Жарық сәулесі, шапақ.*

**Кірпігі айқаспады.** *Түні бойы ұйқы көрмеді, көз ілмеді.* **Кірпігі қатты.** *Ұйқыдан қалып, мазасы кетті.* **Кірпігі [әрең, зорға] қимылдады.** *Шала-жансар, әл үстінде, өлім алдында жатты.* **Кірпігі қимылдайды. Кірпігін бақты.** *Қас-қабағына қарады.* **Кірпігіне мұз [қырау] қатты.** экспр. *Ашуланды, қаһарланды, қатуланды.* а) *Ұскірік аязда сапар шекті, қиындыққа төзді.* ә) **Кірпігін жерге тікті.** *Төмен қарады.* **Кірпігі суланды.** *Көңілі босады, жылады.* **Кірпігін шылады.** *Жылап алды, көзіне жас алды.* **Кірпік астынан көз тастады [қарады].** *Ұрлана, көз астымен қарады.* **Кірпік жұлу.** этн. *Боталайтын түйелерге мүйізкөк ауруымен ауырмас үшін ем, шара қолдану.* **Кірпікке ұйқы қонды.** *Ұйқы келді, ұйқы қысты.* **Кірпік қадады.** *Көз тікті, назар аударды.* **Кірпік қаққандай [ашып-қаққандай].** а) *Тез, лезде, көзді ашып-жұмғанша.* ә) *Азғантай, азғана.* **Кірпік қаққанша.** *Тез, лезде, демде, көзді ашып-жұмғанша.* **Кірпік қақпады.** а) *Ұйықтамады, көз ілмеді.* ә) *Көз айырмай қарады, түйілді.* б) *Тапжылмады, міз бақпады.* в) *Тыным таппады, тыншымады.* **Кірпік қақпай қалды.** *Қадала қарап тұрып қалды, бір сәт есінен адасып қалды.* **Кірпік қақты.** а) *Көзін жыпылықтатты.* ә) *Белгі берді, мақұлдады.* **Кірпік қақтырмады.** *Қозғалтпады, тапжылтпады, қимылдатпады.* **Кірпік санайды.** миф. *Ескі ұғым бойынша, Айда кемпір бар, ол сиқырлайды, жадылап өлтіреді деген наным.* **Кірпіктері найзадай қадалды.** *Кірпіктері тікірейді, тесіле жақтырмай қарады.* **Кірпік ілмеді [ілген жоқ].** *Ұйықтамады, түні бойы сарылып, көз жұмбады.* ә) *Тыным таппады, мігір көрмеді.* б) *Таусыла күтті, сарылды, тағатсызданды.* **Кірпік қақпады.** *Көз ілмеді, ұйықтамады.* **Кірпік қақтырмады.** *Маза бермеді, тыным таптырмады, жайбарақат отырғызбады, дамыл бермеді.*

**КІРПІКСІЗ** сын. *Кірпігі түскен, кірпігі жоқ.*

**КІРПІКТІ** сын. *Кірпігі өсік, кірпігі бар.*

**КІРПІКШЕ** зат. биол. <лат. cilia> *Бір жасушалы ағзалар – инфузорияда және көп жасушалы жануарлардың кейбір жасушаларында қозғалыс органоидтарының қызметін атқаратын талшықтар.*

**КІРПІКШЕЛІ** сын. *Кірпікшесі бар, талшықты. //Кірпікшесі бар жәндіктер.*

**Кірпікшелі құрттар.** зоол. <лат. turbellaria> *Денесі созылыңқы, жапырақ тәрізді келген теңіз, тұщы су, кейде ылғалы мол топырақты мекендейтін жалпақ құрттар типінің бір класы.*

**КІРПІКШЕШЕН** зат. сөйл. зоол. ***Кірпі.***

**КІРПІКШЕШЕНДЕЙ** сын. сөйл. *Кірпікшешен сияқты, кірпікшешен тәрізді.*

**Кірпікшешендей жиырылды.** *Тыжырынды, жақтырмады.*

**КІРПІЛЕН=** ет. *Тікенектену, түктену.*

**КІРПІЛЕНУ** *Кірпілен етістігінің қимыл атауы.*

**КІРПІШ** зат. **1.** *Күйдірілген я балшықтан қалыпқа салып құйған, тік бұрышты параллелипед пішінді, төзімді әрі берік жасанды құрылыс материалы.* **2.** ауыс. *Адамның қоғамдағы орны, қоғамға тән мүше.*

**Кірпіш зауыты.** *Кірпіш құятын өндіріс орны.* **Кірпіш күйдірді.** *Шикі балшықтан құйылған кірпішті отқа салып пісірді.* **Кірпіш қалау.** құр. *Кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, құрылыстық ерітіндімен байланыстыра тұтастыра өру.* **Кірпіш қалаушы.** *Құрылыста кірпіш қалайтын шебер, маман.* **Кірпіш құйды.** *Балшықтан қалыпқа салып кірпіш дайындады.* **Кірпіш үй [там, қора].** *Күйдірген яки шикі кірпіштен қалап салынған үй, баспана.* **Кірпіш шай.** тамақ. *Тақта шай.* **Кірпішін қалады.** *Алғаш рет ұйымдастырды, негізін салды.* **Кірпіш ірге.** *Кірпіштен қаланған негіз.*

**КІРПІШЕ[1]** зат. *Тікен сияқты ұсақ түктер.*

**КІРПІШЕ[2]** үст. *Кірпі тәрізді, кірпіге ұқсап.*

**Кірпіше жиырылды.** *Жақтырмады, жаратпады.*

**КІРПІШӨП** зат. өс. <лат. echinaria> *Астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**КІРПІШТЕЙ** сын. *Кірпіш сияқты, кірпіш тәрізді.*

**КІРПІШТЕН=** ет. *Төрт бұрыштану, кертпештену, қатпарлану.*

**КІРПІШТІ** сын. *Кірпіштен салынған, кірпіші бар.*

**КІРПІШШІ** зат. *Кірпіш құюшы, кірпіш даярлаушы.*

**КІРСІЗ** сын. **1.** *Кірлемеген, кір емес, таза.* **2.** *Дақ түспеген, мінсіз, кіршіксіз.* **3.** ауыс. *Пәк, бөтен ойы жоқ.*

**КІРСІН=** ет. *Бір нәрсені кір санау, лас деп жирену.*

**КІРТ[1]** зат. ескікіт. *Белгілі бір дінге кірген, ұйыған адам немесе жұрт.*

**КІРТ[2]** еліk. *Кенеттен бырш ете түскен, кірш еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Кірт етті.** *Кірш ете түсті, қырт етті.*

**КІРТАС** зат. *Тастан қашалып жасалған салмақ өлшеуіш құрал.*

**КІРТИ=** ет. *Көзі кірбию, жүзі солғын тарту.*

**КІРТИТ=** ет. *Көзін кірбиту, жүзін солғын тарткызу.*

**КІРТИТУ** *Кіртит етістігінің қимыл атауы.*

**КІРТИІҢКІ** сын. *Қабағы түсіңкі, жүзі жабыңқы, қатыңқы.*

**КІРТИІҢКІРЕ=** ет. *Кірбиіңкіреу, қабағы солғындап жүдеу тарту.*

**КІРТИІҢКІРЕУ** *Кіртиіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КІРТИІС=** ет. **1.** *Бет-жүзі, көздері кірбию, солғын тарту.* **2.** ауыс. *Ренжісу, келіспеу, ашулану.*

**КІРТИЮ** *Кірти етістігінің қимыл атауы.*

**КІРТ-КІРТ** еліk. *Қайта-қайта күрт-күрт, қарт-құрт етіп естілген, қыртылдаған дыбысты білдіретін сөз.*

**КІРТІК[1]** сын. *Ірімтік, иртік-іртік.*

**КІРТІК[2]** сын. *Бітік, жімсік, қысыңқы, кішкене.*

**КІРТІЛДЕ=** ет. *Кірт-кірт ету, қытырлау, күртілдеу.*

**КІРТІЛДЕК** сын. *Кірт-кірт ететін, қытырлақ.*

**КІРТІЛДЕТ=** ет. **1.** *Кірт-кірт еткізу, қытырлату, қатырлату.* **2.** *Қыршылдату, қырш-қырш еткізу.*

**КІРТІҢ-БҮРТЫҢ** сын. *Ырың-жырың, қылтың-сылтың.*

**КІРТІҢДЕ=** ет. *Кірбіңдеу, кіржіңдеу.*

**КІРУ** *Кір етістігінің қимыл атауы; ену, өту.*

**КІРУШІ: кіруші снаряд.** әск. *Ядролық оқтұмсығы бар және траекторияның соңғы бөлігінде атмосфераның тығыз қабатына кіруге арналған баллистикалық ракетаның бөлігі.*

**КІРХАНА** зат. *Кір-қоң жуатын орын.*

**КІРШ** елік. *Өткір, ұшкір нәрсе тез кірген кезде шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

**Кірш етті.** *Бырш етіп кіріп кетті.*

**КІР-ШАҢ** зат. *Кір-тозаң, шаң-тозаң.*

**КІРШЕҢ** сын. **1.** *Кір, былғаныш, лас.* **2.** *Кірлегіш, кір көтермейтін.* **3.** ауыс. *Ренжігіш, кінәмшіл, босаң.*

**Кіршең тартты.** *Кірленді, былғанды.*

**КІРШЕҢДЕУ** сын. *Кірлеу, кір басыңқыраған.*

**КІРШЕҢДІК** зат. *Кір жұққыштық, тез кірлегіштік.*

**КІРШЕҢСІЗ** сын. *Кір жұқпайтын, кір көтеретін.*

**КІРШ-КІРШ** елік. *Қайта-қайта қарш-қарш, қашыр-құшыр, кірт-кірт етіп естілетін дыбысты білдіретін сөз.*

**КІРШІ** ор. зат. сөйл. *Астық, мал салмақтарын өлшейтін таразышы, таразы ұстайтын адам.*

**КІРШІК** зат. **1.** *Ақау, мін, кемшілік.* **2.** *Кірбің, қаяу.*

**Кіршік жоқ.** а) *Кірі жоқ таза, мұнтаздай.* ә) *Мінсіз, кемшіліксіз.* **Кіршік жұқпады.** *Кірлемеді, кір шалмады.* **Кіршік жұқтырмады [жуытпады, жолатпады].** *Дақ түсірмеді, жаманат келтірмеді.* **Кіршік шалды.** *Кірледі, былғанды.*

**КІРШІК-КІРБІҢ** зат. *Жаман зат, былғаныш, лас, кәкір-шүкір.*

**КІРШІКСІЗ** сын. **1.** *Кірлемеген, кір жұқпаған, қылаусыз, таза.* **2.** *Мұнтаздай, мүлтіксіз.* **3.** *Дақ түспеген, мінсіз.* **4.** *Саф, мөлдір, былғанбаған.* **5.** ауыс. *Адал, пәк, ешбір күдіксіз, бүкпесіз.*

**КІРШІКСІЗДІК** зат. *Тазалық, пәктік, адалдық.*

**КІРШІКТЕЙ** сын. **1.** *Тап-таза, мұнтаздай.* **2.** ауыс. *Адал, ақ.* **3.** ауыс. *Зәредей, титтей.*

**КІРШІЛ[1]** зат. *Өткір пышақ, біз, найза тәрізді заттардың белгілі бір затқа, денеге кіргенде шығатын дыбысы.*

**Кіршіл қақты.** *Кірш-кірш етіп кесіп түсті.*

**КІРШІЛ[2]** сын. **1.** *Кірлегіш, былғанғыш.* **2.** ауыс. *Кінәмшіл, дікшіл.*

**КІРШІЛДЕ=** ет. *Кірш-кірш ету, қаршылдау.*

**КІРШІЛДЕК** сын. *Кіршілдеген, қыршылдақ, жұмсақ.*

**КІРШІЛДЕТ=** ет. *Кірш-кірш еткізу, қаршылдату.*

**КІРШІЛДЕУ** сын. *Кірлеу, ластау.*

**КІРШІМЕ** [ор. корчемо] зат. сөйл. *Тарыдан ашытқан бал сыра.*

**КІРІГУ** *Кірік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шырау, тартылу.* **2.** лингв. *Екі яки үш сөздің өзгеріске түсіп жымдасуы, бірігуі.*

**КІРІК=** ет. **1.** *Бірігу, тұтасып кету.* **2.** *Ширау, тартылу, отыру.* **3.** *Қатты боп байланысу, ныгаю, бітісу.* **4.** лингв. *Екі не үш сөзден құралған сөздердің фонетикалық өзгеріске түсу арқылы жымдасып, бірігіп кетуі.* **5.** ауыс. *Сіңу, кіру, жақындау.*

**Кіріккен адаптер.** инф. <ағыл. integrated adapter> *Жеке контроллерді пайдаланбастан, процессорды нақты құрылғымен қосатын процессордың құрамды бөлігі.* **Кіріккен десте.** инф. <ағыл. integrated package> *Өзара байланысты мәселелерді шешуге (есептерді шығаруға) бейімделген қолданбалы бағдарламалар дестесі.*

**КІРІККІШ** сын. *Біріккіш, жымдасқыш, тұтасқыш.*

**КІРІКПЕ** сын. *Байланысқан, біріккен.*

**КІРІКТІР=** ет. **1.** *Біріктіру, жымдастыру.* **2.** *Тұтастыру, ұластыру.* **3.** ауыс. *Байланыстыру, бітістіру.*

**КІРІКТІРУ** *Кіріктір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жымдастыру, біріктіру.* **2.** *Тұтастыру, сыйыстыру.*

**КІРІКТІРУШІ** зат. **1.** *Байланыстырушы, бітістіруші, жарастырушы.* **2.** *Темір я бетонды дәнекерлеуші маман.*

**КІРІКТІРІЛ=** ет. *Біріктірілу, тұтастырылу.*

**КІРІКТІРІЛУ** *Кіріктіріл етістігінің қимыл атауы.*

**КІРІЛ=** ет. **1.** *Кіргізілу, енгізілу.* **2.** *Сұғылу, бойлау.*

**КІРІЛДЕ=** ет. *Қырылдаған дыбыс шығару, күркілдеу.*

**КІРІЛДЕУ** *Кірілде етістігінің қимыл атауы.*

**КІРІМДЕН=** ет. *Кіріңкіреу, сұғыныңқырау.*

**КІРІМДІ** сын. *Іші-бауырға кіріп кететін, көпшіл, жұғымды, тіл тапқыш.*

**КІРІҢКІ** сын. *Ішке қарай кіре түскен, батыңқы.*

**КІРІҢКІРЕ=** ет. *Еніңкіреу, сұғыңқырау.*

**КІРІҢКІРЕУ** *Кіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**КІРІПТАР** [ир. گرفتار] сын. **1.** *Тәуелді, бағынышты, мәжбүр, басыбайлы.* **2.** ауыс. *Қиын халге ұшыраған, шатысқан. // Тәуелді, бағынышты адам.*

**Кіріптар адамдар.** тар. *15-17 ғасырлардағы Ресейде феодалдық тәуелдіктегі адамдар тобы.* **Кіріптар болды.** *Тәуелді, міндетті болды, басына күн туды.* **Кіріптар қылды.** а) *Қолға түсірді, тұтқын қылды.* ә) *Тәуелді етті, міндетті етті.*

**КІРІПТАРЛЫҚ** зат. **1.** *Тәуелділік, бағыныштылық, мәжбүрлік, басыбайлық.* **2.** *Қиыншылық, мұқтаждық.*

**Кіріптарлық көрді.** *Біреуге телміріп, бағынышты болды.* **Кіріптарлық шекті.** *Бағынышты болды.*

**КІРІПТАРСЫЗ** сын. *Тәуелсіз, бағынышсыз.*

**КІРІП-ШЫҚ=** ет. **1.** *Бір кіріп, бір шығу.* **2.** *Келіп-кету, барып-қайту.*

**КІРІС**[1] зат. көне. **1.** *Садақтың керме бауы.* **2.** *Жақ, садақ.*

**Кірісі жұмсап егілді**. *Жүйесі босады.*

**КІРІС**[2] зат. *Ердің қастарының қиысқан тұсы.*

**КІРІС**[3] зат. экон. **1.** *Табыс, пайда.* **2.** экон. *Белгілі бір зат өнімінен не сауда жолымен түсетін ақшалай-заттай түсім.* **3.** инф. <ағыл. entry, input> *Өңдеуге арналған мәліметтерді қабылдау орны.*

**Кіріс арнасы.** инф. <ағыл. input channel> *Компьютерлік жүйеге енгізілген (кіретін) хабарлар келіп түсетін арна.* **Кіріс буфері.** инф. < ағыл. input buffer> *Сыртқы құрылғылардан енгізілетін мәліметтерді уақытша сақтауға арналған буфер.* **Кіріс келтірді [кіргізді].** *Пайда түсірді, табыс кіргізді.* **Кіріс кірді.** *Пайда келді, табыс болды.* **Кіріс құжаты.** инф. <ағыл. intput document> *Белгілі бір үлгі бойынша даярланған және компьютерге енгізуге арналған мәліметтері бар құжат.* **Кіріс мәліметтері.** инф. <ағыл. input date> *Өңдеу немесе сақтау үшін жүйеге енгізілетін мәліметтер тобы.* **Кіріс нүктесінің атауы.** инф. <ағыл. entry name> *Бағдарламаға, ішкі бағдарламаға немесе оның үзіндісіне кіріс нүктесін анықтайтын атау.* **Кіріс пен шығыс балансы.** экон. *Белгілі бір кезең ішіндегі кіріс пен шығыс көздері, шамасы көрсетілетін қаржы балансы.* **Кіріс салығы.** экон. ***Табыс салығы.*** **Кіріс тілі.** инф. <ағыл. source language> *Автоматтандырылған жобалау жүйелерінде жобалық процедуралар мен жобалау бағдарларын компьютерде орындауға қажетті бастапқы ақпаратты енгізу үшін пайдаланатын тіл.*

**КІРІС**[4] зат. физ. *Басқарушы тізбек не эмиттер – база тізбегі.*

**КІРІС**[5] көм. есім. *Басы, қарсаңы.*

**КІРІС=** ет. *Белгілі бір істі, шаруаны орындауға дереу араласу, тікелей жұмылу, соны орындауға қатысу, қолға алу.*

**Кіріспеске кірісті.** *Араласпас іске араласты.*

**КІРІСКІШТІК** зат. *Бір нәрсеге кірісу, орындау қасиеті.*

**КІРІСПЕ** зат. **1.** *Бастама, беташар.* **2.** *Кітапқа не белгілі бір жинаққа жазылған алғы сөз, сөз басы.* **3.** ғыл. *Белгілі бір ғылым туралы мәлімет не негізгі түсініктерді беретін тарау немесе оқу курсы.* **4.** инф. <ағыл. preamble> *Мәліметтер дестесін жеткізуде уақыт үйлесімділігі үшін арналған өріс.*

**Кіріспе әңгіме.** *Белгілі бір ұзақ шығарманы, оқиғаны айту алдындағы қысқаша сөз.* **Кіріспе сабақ.** пед. *Жоспарлы сабақты өткізер алдындағы бастама сөз.* **Кіріспе сөз.** *Сабақ өткізу, лекция оқу яки белгілі бір тақырыпта әңгіме айту алдындағы, бастама ретіндегі қысқаша мәлімет.*

**КІРІСПЕСІЗ** сын. *Кіріспесі жоқ, кіріспе айтпай.*

**КІРІССӨЗ** зат. сөйл. *Кіріспе, алғы сөз.*

**КІРІССІЗ** сын. сөйл. ***Кіріспесіз.***

**КІРІСТІ: кірісті қоспақ.** кәс. *Түйенің әлсіз, суыққа шыдамсыз, я тоңғақ, қисық төс, «күлге шөгер» деп аталатын түрі.*

**КІРІСТІК: кірістік блок.** инф. <ағыл. input block> *Мәліметтердің сыртқы көзінен немесе тасуышынан жедел жадқа мәліметтерді жеткізу кезінде біртұтас бүтін ретінде қарастырылатын және адрестелетін мәшинелік сөздер жиынтығы.* **Кірістік буфер.** инф. <ағыл. input butter> *Сыртқы құрылғылардан енгізілетін мәліметтерді сақтауға арналған буфер.* **Кірістік параметр.** инф. <ағыл. input parameter> *Сырттан алынатын бағыныңқы бағдарламаның формальды параметрі, бұл параметр мәні қабылдаушы бағдарламадан беріледі.* **Кірістік сигнал.** инф. <ағыл. entrance signal> *Жүйенің кірісіне берілген сыртқы әсер.* **Кірістік файл.** инф. <ағыл. input (source) file> *Қолданбалы бағдарлама үшін алғашқы мәліметтері бар болатын файл.* **Кірістік хабар.** инф. <ағыл. the entrance message> *Терминалдан немесе абонент бөлімінен компьютердің кірісіне келетін хабар.*

**КІРІСТІР=** ет. *Бір іске араластыру, қатыстыру.*

**КІРІСТІРУ** *Кірістір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Араластыру, қатыстыру.* **2.** *Енгізу, кіргізу, қосу.*

**КІРІСТІРІЛ=** ет. *Енгізілу, кіргізілу, қостырылу.*

**КІРІСУ** *Кіріс етістігінің қимыл атауы;*

**КІРІС-ШЫҒЫС** зат. экон. *Пайда мен шығын; табыс пен жұмсалған қаражат.*

**Кіріс-шығыс журналы [кітабы].** *Пайда мен шығынды, кіріс пен зиянды тіркеп, жазып отыратын кітап.*

**КІРІСІЛ=** ет. *Қолға алыну, жұмылу.*

**КІРІТІ** ор. сын. *Жасырын, жұмбақ.*

**КІРІШ** зат. *Ақ бор, аппақ балшық.*

**Кіріш тұтты.** *Бөгет болды, тосқауыл жасады.*

**КІРІШТЕЙ** сын. *Кіріш сияқты аппақ.*

**КІС** зат. зоол. *Орман-тоғайларда тіршілік ететін терісі бағалы аң, бұлғын.*

**КІСӘПІР** зат. **1.** *Қалтаға түсетін ұры.* **2.** ауыс. *Өз құлқынын көздейтін арам ниетті қу, сұм, залым адам. // Арам, теріс.*

**КІСӘПІРДЕЙ** сын. *Қалтаға түсетін ұры адамдай; сұм, залымдай.*

**КІСӘПІРЛІК** зат. **1.** *Қалтаға түсушілік.* **2.** ауыс. *Арамдық, залымдық, астамшылық.*

**КІСЕ** [ир. کیسه] зат. этн. **1.** *Белбеуге шытыра қадап бекіткен былғары қалта.* **2.** *Адамның әлеуметтік дәрежесін танытатын, ұсақ-түйек зат салып жүруге арналған күміспен, алтынмен, жезбен әшекейленген қалтасы бар жалпақ былғары белбеу.*

**Кісе белбеу.** этн. а) *Байырғы кезде адамның тектілігін, дәрежесін көрсететін, былғары қалтасы бар, күміспен, асыл тастармен әшекейленген белбеу.* ә) *Қалталары бар, қару ілінетін белбеу.* **Кісе белдік**. этн. *Кісе, қалтасы бар белдік, кіселі белдік.* **Кісе кемер.** а) этн. көне. *Оқ-дәрі, қару-жараққа қажетті басқа да ұсақ-түйекке арналған қалтасыз, күміспен кемерленген, әшекейлі күміс белбеу.* ә) әск. *Әскери адамдардың портупейі.* **Кісе қоспақ**. кәс. *Екі өркешінің арасы өте жақын қоспақ түйе.* **Кісе қуырдақ.** тамақ. *Негізінен жаңа сойылған малдың өкпе, бауыр, бүйрек, ішек қарынына сарымсақ, бек деп аталатын шөп турап араластырып, қуырылатын тағам.* **Кісе салды.** *Бұғау, тұзақ кигізді.* **Кісесінен басты.** *Белінен басты, белін ұзді.* **Кісесінен белгілі.** *Тумысынан, жетесінен әйгілі, анық.*

**КІСЕГЕ** зат. көне. *Жылқы қарнының майлы бөлегі.*

**КІСЕЛЕУ** жерг. *Қауынды жалпақ етіп тіліп, етін пышақпен торлап кертіп кесу.*

**КІСЕЛІ** сын. *Кісесі, қалтасы бар.*

**Кіселі белдік**. этн. *Қалтасы бар белдік, кісе белдік.* **Кіселі түйе.** малшар. *Бураға шөгерілгендіктен, бота тастап немесе бойына біткен төлін ағызып жібермес үшін мойнына кісе салынған түйе.*

**КІСЕН** зат. көне. **1.** *Темірден келістіріп иіп, жылқының сирағына киілетін, жылқыны тұсау, матау әбзелі.* **2.** *Темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын, кілті бар тұсау, темір бұғау.* **3.** ауыс. *Бөгеу, оралғы.*

**Кісенге түсті.** *Шынжырланды, байланды.* **Кісенде шіріді.** *Қамауда, абақтыда өлді.*

**КІСЕНАН** зат. тамақ. *Ішіне ет, картоп, капуста салып пісіретін нан тағамы.*

**КІСЕНДЕ=** ет. **1.** *Тұсау, шынжырлау.* **2.** *Кісен салу, бұғаулау.* **3.** *Матау, байлау, тұтқындау.* **4.** ауыс. *Тоқтау салу, тоқтату.*

**Кісендесең де тұрмайды.** *Байлап, матасаң да тұрақтамайды, көнбейді, шыдамайды.*

**КІСЕНДЕЙ** сын. *Кісен сияқты, кісен тәрізді.*

**КІСЕНДЕЛ=** ет. *Кісен салыну, бұғаулану.*

**КІСЕНДЕТ=** ет. *Біреуге кісен салғызу, бұғаулату.*

**КІСЕНДЕУ** *Кісенде етістігінің қимыл атауы.*

**КІСЕНДЕУЛІ** сын. **1.** *Аяғына кісен салынған, тұсалған, шынжырланған.* **2.** *Аяқ-қолы кісенделген, бұғауланған.*

**КІСЕНДІ** сын. *Кісендеулі, шынжырлы.*

**КІСЕУ** зат. жерг. *Суық тию салдарынан пайда болатын жөтел.*

**КІСІ** зат. **1.** *Адам, пенде, жан.* **2.** *Барлық адам баласы, адам атаулы.* **3.** *Адамдық қасиеттердің нақты бір тұлғада жүзеге асу деңгейін көрсететін шама.* **4.** филос. *Дүниемен тікелей немесе жанама қатынаста болып, іс-тәжірибелік және рухани мәселелерді шешу барысында өз болмысын өзгерте алатын адам, субъект.* **5.** *Бөтен біреу, бөгде адам.* **6.** ауыс. *Қонақ, мейман.* **7.** ауыс. *Қол, әскер.*

**Кісі ақысын жемеді.** *Біреудің еңбегінің төлемін берді, еңбегін жеп, қиянат қылмады.* **Кісі ақысына қиянат қылмады**. *Еңбегінің төлемін берді.* **Кісі алады**. *Адамға шабады, шайнап тастайды.* **Кісі алатын бурадай**. *Құтырынған, қаһарлы, көзі ештеме көрмей кеткен деген мағынада.* **Кісі алатын бурадай бұрқылдады.** *Қатты ашуланды.* **Кісі алатын төбет.** *Мықты, қабаған ит.* **Кісі алдары бар**. *Адамның көңілін табатын қасиеті бар.* **Кісі алдына барды.** *Ісі түсіп біреуге жүгінді, тәуелді болды.* **Кісі алдында.** *Біреудің көзінше, бөтен адам тұрғанда.* **Кісі аты.** *Адам есімі.* **Кісі аяғы басылды.** а) *Адамдардың жүріс-тұрысы азайып тынышталды, тоқталды.* ә) *Беймезгіл уақыт болды, кешкірді.* **Кісі аяғы саябыр.** *Тыныштық кез.* **Кісі аяғы сирексіді.** *Жүріп-тұрушылар азайды, келім-кетім саябырсыды.* **Кісі басы.** *Әрбір адам; адам сайын, әр адамға.* **Кісі бетіне күліп қарап көрмеген.** а) *Әдепті, ибалы, жеңілтек емес, мінезі байсалды, салмақты.* ә) *Үнемі қабағы ашылмайтын, мінезі тұйық, ешкімге тура қарамайтын.* **Кісі бетіне қарамады.** *Ұялды, қысылып-қымтырылды.* **Кісі бойы.** *Кісінің бойымен бірдей биіктік, тереңдік сияқты ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.* **Кісі болады.** *Келешегі бар, жөні түзу, адам болады.* **Кісі болар бала.** *Келешегінен үміт күттірер жеткіншек.* **Кісі болды.** эксп. *Кісімсініп қалды, маңғазданды.* **Кісі болып қалыпты.** *Көзінің еті өсіпті, өзі туралы пікірі жоғары болып, кісімсіді.* **Кісі босағасы.** *Біреудің есігі, жат адамның үйі.* **Кісіге жұғымды.** *Үйірсек, көпшіл, сүйкімді.* **Кісі ғұрым [құрлы, орнына] көрмеді.** *Адамға санамады, адам деп есептемеді, менсінбеді.* **Кісі елі.** *Бөтен жер, бөгде жұрт.* **Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.** *Өзіңнің туған ұяңда бол, соған қызмет ет деген мағынада.* **Кісі еңбегін қанады.** *Біреудің ақысын жеді, қиянат істеді.* **Кісі есігін ашып көрмеген.** *Біреудің үйіне бармаған, бас сұқпаған, қатыспаған.* **Кісі есігінде.** *Біреуге жалданып қызмет істеумен өмірін өткізу.* **Кісі есігінде жүрді [өтті].** *Біреудің үйінде жалшылықта болды, басқа біреуге жалданып еңбек етті, біреу үшін жұмыс істеді.* **Кісі жұтып қойғандай.** *Сұп-сүйкімді, өте әдемі, келісті, әрлі.* **Кісі қолына қарады.** *Өз бетімен күн көре алмай, басқаның жәрдеміне сүйенді, тіленді, сұрамсақтанды.* **Кісі қызығарлық [қызығатын].** *Адам қызықтайтындай, назар аударарлық.* **Кісімен шағыстырды.** *Араға от салып, басқа біреумен ұрыстырды.* **Кісіні өлтіріп жіберді.** *Адамды қатты ұялтты, жер қылды.* **Кісі өлтірді.** *Адам өмірін қиды, о дүниелік етті.* **Кісі өлтіру.** заң. *Адамның өміріне қарсы жасалған қылмыстың ең ауыр түрі.* **Кісі өлтіруші.** *Адам өлтірген қылмыскер.* **Кісі салғызды.** *Адам жіберттi, араға адам жүргізді.* **Кісі салды.** *Араға адам жүргізді, басқа біреуді жұмсады.* **Кісі санатына кірді.** *Адам қатарына қосылды.* **Кісі соттау.** *Адамды жазалау, жаза кесу, айыптау.* **Кісі сыртынан тон пішу.** *Біреудің үстінен өзінше сөйлеу, мінеу.* **Кісі тонаушы.** *Қарақшы.* **Кісі тіліне ерді.** *Басқа біреудің сөзіне сенді, жетегінде кетті, айтқанына*

*көнді.* **Кісі үйі.** *Біреудің үйі, бөтен үй.* **Кісі шақырды.** а) *Адам әкелді, басқа жерден кісі келтірді.* ә) *Үйіне қонақ шақырды.* **Кісі шаптырды.** *Тез хабар беру үшін адам жөнелтті, хабаршы жұмсады.*

**КІСІДЕЙ** с ы н . *Кісі сияқты, кісі тәрізді.*

**КІСІКИІК** з а т . **1.** м и ф . *Тұлғасы адам тектес, бүкіл денесін жүн басқан мақұлық тәріздес тіршілік иесі.* **2.** *Кісіге араласпай, өзімен-өзі, жұрттан қашып, саяқ жүретін, қияли адам. // Тағы, жабайы.*

**КІСІКИІКТЕЙ** с ы н . *Кісікиік сияқты, кісікиік тәрізді.*

**КІСІКИІКТЕН=** е т . *Кісіге араласпай өзімен-өзі, жұрттан қашқақтап, саяқ жүру.*

**КІСІКИІКТЕУ** с ы н . *Өзімен-өзі боп жұрттан саяқ жүретін, қиялилау.*

**КІСІ-ҚАРА** з а т . *Кісі-қолаң, қараңдаған әртүрлі адам.*

**КІСІ-ҚОЛАҢ** з а т . *Адамдар, қалың көпшілік.*

**КІСІЛЕ=** е т . *Кісілік істеу, кісілік жасау.*

**КІСІЛІ** с ы н . *Адамдары, кісілері бар.*

**КІСІЛІК**[1] з а т . **1.** *Имандылық, ізгілік қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, әділдік, жауапкершілік т.с.с. адамшылық қасиеттердің жиынтығы.* **2.** *Адамдық игі қасиет.* **3.** *Кісімсіген, дандайсып, өзін жоғары ұстаған мінез.*

**Кісілігі жоқ.** *Менменсінген тәкаппар, адамгершіліктен жұрдай.* **Кісілігі ұстады.** *Тәкаппарлығы келді, менменсіді.* **Кісілік дәуір.** *Есейіп, кемелденген кез.* **Кісілік жасады.** а) *Адамгершілік істеді, адамдық көрсетті.* ә) *Кісімсіп мінез көрсетті, әлдеқандай болды.* **Кісілікке ілінді.** *Адам болды, есейді.* **Кісілік құру.** *Басшылық ету, басшы, ақылшы болу.* **Кісілік қылды.** *Жақсылық істеді, шарапат жасады.* **Кісілік танытты [білдірді].** *Адамшылық істеді, адамдық көрсетті.*

**КІСІЛІК**[2] с ы н . **1.** *Кісіге тән, кісіге қатысты.* **2.** *Кісіге татитын, жететін.* **3.** *Кісіге арналған, лайық.*

**КІСІЛІКТЕН=** е т . *Кісімсіну, көкірегін көтеру, менменсіну.*

**КІСІЛІКТІ** с ы н . *Адамгершілігі мол, адамдық қасиеті бар.*

**КІСІМӘШІН** з а т . *Адамның сұмпайысы, қоры.*

**КІСІМСУ** *Кісімсі етістігінің қимыл атауы.*

**КІСІМСІ=** е т . *Өзін-өзі жоғары, асқақ ұстап дандайсу, паңсыну, адамсу.*

**КІСІМСІН=** е т . *Өзін-өзі жоғары, асқақ ұстап дандайсыну, паңсыну, менменсу.*

**КІСІМСІНУ** *Кісімсін етістігінің қимыл атауы.*

**КІСІМСІТ=** е т . *Кісі болғансыту, кісі санату.*

**КІСІМШІК** з а т . *Кішкентай адам, кісісымақ.*

**КІСІМШІЛІК** з а т . *Кісімсіген, дандайсыған мінез, паңданушылық.*

**КІСІ-МІСІ** з а т . *Біреу-міреу, әлдекім, кездейсоқ адамдар.*

**КІСІНЕ=** е т . **1.** *Жылқы малының оқыранып үн, дыбыс шығаруы, шұрқырауы.* **2.** а у ы с . *Сылқылдап, қатты үн шығару.*

**КІСІНЕС=** е т . *Жылқылардың үн шығарысып, шұрқырасуы.*

**КІСІНЕСУ** *Кісінес етістігінің қимыл атауы.*

**КІСІНЕТ=** е т . *Шұрқырату, үн шығарту.*

**КІСІНЕУ** *Кісіне етістігінің қимыл атауы; жылқының қатты дыбыс шығаруы, шұрқырау.*

**КІСІСІЗ** с ы н . *Адамсыз, қонақсыз.*

**КІСІШЕ** ү с т . *Кісі сияқты, кісіге ұқсап.*

**КІСІШӨП** з а т . *Женьшень.*

**КІТАБИ** [ар. كتابى] с ы н . **1.** *Кітапқа тән, кітаптық.* **2.** *Ауызша тілге емес, жазбаша тілге ғана қатысты.*

**Кітаби ақын.** ә д е б . *Шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясының озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып отырған, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған ақын-жыршы.* **Кітаби білім.** *Нағыз өмірден қол үзген, кітапқа ғана сүйенген білім.* **Кітаби лексика.** л и н г в . а) *Жазба әдеби тілге тән, әдеби тілдік сипаты бар лексика.* ә) *Өткен дәуірдегі жазба әдеби тіл дәстүрінде қолданылған сөздер.* **Кітаби тіл.** л и н г в . а) *Жазба әдебиетте өзіне тән тілдік дәстүрі қалыптасқан әдеби тіл үлгісі.* ә) *Ертедегі жазба мұраларға тән стиль.* б) л и н г в . *Жиырмасыншы ғасыр басындағы төңкерістен бұрынғы жазу дәстүрі бар Орта Азия халықтарының жазба әдеби тілі.*

**КІТАБИЛЫҚ** с ы н . *Жазбалық, кітаптық.*

**КІТАП** [ар. كتاب] з а т . **1.** *Мерзімсіз баспасөз басылымы көркем-әдеби, қоғамдық саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды.* **2.** *Есеп-қисап, мәлімет т.б. мағлұматтарды тіркеп, жазып отыратын түптелген таза ақ қағаз, қалың дәптер.* **3.** *Мектеп оқушыларына арнап, белгілі оқу бағдарламасына негізделіп жазылған оқулық.* **4.** а у ы с . ***Құран***.

**Кітап айлығы.** *Көпшілік оқырмандарға кітаптарды насихаттап, тарату ісінің бір түрі.* **Кітап ашты.** м и ф . *Біреудің тағдырын біліп беру үшін кітапқа қарап сәуегейлік жасады.* **Кітап аштыры.** м и ф . *Қасиетті кітаптарға қарау арқылы сәуегейлік жасатты, болашағын болжатты.* **Кітап ашушылар.** м и ф . *Кітапқа қарап адамның тағдырын біліп, болжайтын сәуегейлер.* **Кітап базары.** *Кітаптар сатылатын жер; арнайы кітап саудасы.* **Кітап бастырды.** п о л и г р. *Кітап басып шығарыпты.* **Кітап басу.** б а с п а. *Қолжазбаны дайын кітап етіп шығаратын полиграфиялық өндіріс процестерінің жиынтығы.* **Кітап белгісі**. *Кітаптың қажетті бетін белгілеп қою үшін қатты қағаздан ақпараттық жарнама мәліметтері немесе әртүрлі бейнелері бар жіңішке ұзын етіп қиып алынған қиықша.* **Кітап дүкендері**. *Баспа өнімдерін сату, тарату ісімен шұғылданатын сауда орындары.* **Кітап кеміpді.** *Кітапты көп оқыды, бас алмады.* **Кітап көрмесі.** *Жұртшылыққа баспа өнімдерін ұсынып, таныстыратын мәдени шара.* **Кітапқа қарады**. м и ф . *Құран кітабын алып, дұға, суре оқып, емдеді.* **Кітап қоймасы.** *Кітапхана, кітап дүкені жанындағы кітап сақтайтын ғимарат, бөлме.* **Кітап қоры.** *Мемлекет меншігіндегі кітапханалардағы кітаптар мен баспасөз шығармаларының жиынтығы.* **Кітап саудасы.** а) *Жұртшылыққа кітаптар мен кітапшалар, энциклопедиялық басылымдар, плакат, ноталар, портреттер мен бейнелеу өнері т.б. мерзімсіз баспа өнімдерін сатумен шұғылданатын сауда түрі.* ә) *Баспа өнім тұтынушыларға жеткізу қызметін атқаратын кітаптардың қоғамдық өндірістегі айналым аясын ұйымдастыратын сала.* **Кітап сөзі.** *Кітапта жазылған нақыл, ақыл сөз.* **Кітап сөресі.** *Жиылған кітап пен басқа да құжаттар тұратын, оларды қатар-қатар тізіп сақтауға арнайы жасалған сөре.* **Кітаптан бас алмады.** *Кітаптан басын көтерместен, құныға көп оқыды.* **Кітаптарға иман келтіру.** д і н и . *Пайғамбарларға түсірілген қасиетті кітаптарға сенуді білдіретін мұсылмандықтың, иманның негізгі шарттарының бірі.* **Кітаптың бетін ашпады.** *Түк оқымады, дайындалмады.* **Кітап ұстады.** д і н и . а) *Құран оқыды.* ә) *Қолына Құран алып ант берді, шынын айтты.* **Кітап шифры.** *Кітапхана каталогінде қолданылатын кітаптарға қойылатын шартты белгі.*

**КІТАП-АЛЬБОМ** з а т . *Мазмұны әртүрлі фото, көркем суреттермен безендірілген кітап түрі.*

**КІТАП-ЖУРНАЛ** з а т . *Кітап, журналдардың жиынтық атауы; кітаптар мен журналдар.*

**КІТАПҚАП** з а т . с ө й л . *Кітап салатын боқша, сөмке.*

**КІТАПҚҰМАР** с ы н . *Кітапты көп оқитын, кітапты бар жанымен сүйетін, әуес. // Кітапты көп оқитын, кітапқа әуес адам.*

**КІТАПҚҰМАРЛЫҚ** з а т . *Кітапты көп оқушылық, кітапқа әуестік.*

**КІТАП-МІТАП** з а т . *Әртүрлі кітаптар, тағы басқалар.*

**КІТАПСЫЗ** с ы н . **1.** *Кітабы жоқ.* **2.** *Кітаптың қатысынсыз.*

**КІТАПСЫМАҚ** с ы н . *Кітап сиқы жоқ, кітапқа татымайтын.*

**КІТАПТАЙ** с ы н . *Кітап сияқты, кітап тәрізді.*

**КІТАПТАНУ** з а т . ғ ы л . *Жазба және баспасөз туындыларының туылу, таралу және пайдалану процесін зерттейтін кітап және кітап ісі жөніндегі ғылым.*

**КІТАПТЫҚ** с ы н . *Кітапқа тән, кітаппен байланысты.*

**КІТАПХАНА** [ар.+ир. كتابخانه] з а т . **1.** *Баспа өнімдерін пайдалану ісін ұйымдастырып, оқырмандарға мәдени-ағарту және ғылыми бағытта көмек көрсететін мекеме.* **2.** *Жеке адамның үйіндегі кітаптар жинағы.* **3.** и н ф . <ағыл. library> *Атаулары бойынша тікелей қатынас құруға сәйкестендірілген тараулар мен бөлімдерден тұратын мәліметтер жинағы.*

**Кітапхананы қайта ұйымдастыру.** и н ф . <ағыл. library reorganization> *Мәліметтердің кітапханалық жинағының физикалық ұйымдастырылуын өзгерту.*

**КІТАПХАНАЛЫҚ** с ы н . *Кітапханаға тән, кітапханаға қатысты.*

**Кітапханалық қызмет.** и н ф . <ағыл. library function> *Стандартты бағдарлама (ішкі бағдарламамен) орындалатын қызмет.* **Кітапханалық таспа.** и н ф . <ағыл. library tape> *Есептеуіш жүйенің бір немесе бірнеше бағдарламалық құраушыларының кітапханалық мәліметтер жинағы бар ақпараттың дистрибуттық тасушы.* **Кітапханалық іздестіру.** и н ф . <ағыл. library search> *Кітапхананың тақырыптарын қарап шығу және бөлімнің адресін анықтау арқылы атауы бойынша қажетті кітапхана бөлімін іздестіру.* **Кітапханалық элемент.** и н ф . <ағыл. library item> *Атауы мен тарау басының адресі бар мәліметтердің кітапханалық жинағы тақырыбының элементі.*

**КІТАПХАНАТАНУ** з а т . ғ ы л . *Кітапхана ісінің теориясын, тарихын, әдістемесі мен технологиясын зерттейтін ғылыми пән.*

**КІТАПХАНАШЫ** з а т . **1.** *Кітапхана қызметкері.* **2.** и н ф . <ағыл. librarian> *Кітапхананы құру мен қайта ұйымдастыруға, кітапхана модульдерін қосуға, алып тастауға, табуға, алмастыруға және анықтамалық ақпарат беруге арналған бағдарлама.*

**КІТАПША** з а т . **1.** *Көлемі шағын, жұқа кітап; брошюра.* **2.** *Арнайы жазба үшін жасалған дәптерше.*

**КІТАПШЫЛА=** е т . с ө й л . *Жай адам түсіне қоймайтын кітаби тілмен сөйлеу.*

**КІТАПШЫЛДЫҚ** з а т . *Жазба тілді халық тілінен жоғары қоюшылық.*

**КІТӘБИ** с ы н . с ө й л . ***Кітаби***.

**КІТІР** е л. *Қытыр, күтір еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**КІТІРЛЕ=** е т . *Кітір-кітір ету, қытырлау.*

**КІТІРЛЕК**[1] з а т . т а м а қ . *Майға пісірілген тәтті қытырлақ нан.*

**КІТІРЛЕК**[2] с ы н . *Кітір-кітір еткен, қытырлақ.*

**КІТІРЛЕТ=** е т . *Кітір-кітір еткізу, қытырлату.*

**КІШКЕНЕ** с ы н . **1.** *Үлкен емес, кішкентай, титімдей.* **2.** *Азғантай, аздап, сәл.* **3.** *Биік емес, аласа, қысқа.* **4.** *Шағын ғана, шамалы.* **5.** *Ұсақ, майда.* **6.** *Жасы кіші, жас. // Нәресте, сәби, бөпе.*

**Кішкене бөбек.** э т н . *Балалардың қуырмаш ойнындағы бесінші саусақтың атауы, шынашақ.* **Кішкенеден кейін.** *Сәлден кейін, аздан соң.* **Кішкене кез [күн].** *Жас, балаң уақыт.* **Кішкене сарышұнақ.** з о о л . <*лат. gitellus pygtaeus Pall*> *Сарышұнақтың дене тұрқы кішілеу, зиянкес түрі.*

**КІШКЕНЕ-КІШКЕНЕ** с ы н . *Шағын-шағын, майда-майда.*

**КІШКЕНЕЛЕУ** с ы н . *Кішіректеу, кішілеу.*

**КІШКЕНЕЛІ** с ы н . *Жас нәрестелі, бөпелі.*

**КІШКЕНЕЛІК** з а т . *Аласалық, қысқалық, мықырлық.*

**КІШКЕНТАЙ** сын. **1.** *Титімдей, титтей, шүйкімдей, құрттай.* **2.** *Шағын, шамалы.* **3.** *Азғантай, қысқа.* **4.** *Аласа, мықыр.* **5.** *Тіптен жас, бүлдіршіндей.*

**Кішкентай адам.** *Қызмет дәрежесі кіші кісі.* **Кішкентай күнінде.** *Жас кезінде, балалық шағында.* **Кішкентай саршұнақ.** зоол. *Егінжайға зиян келтіретін басқа саршұнақтардан дене бітімі жағынан кішірек аң.*

**КІШКЕНТАЙЛАУ** сын. *Кішіректеу, шағындау.*

**КІШКЕНТАЙЛЫ** сын. *Сәбилі, бөпелі.*

**КІШКЕНТАЙЛЫҚ** зат. *Кішкенелік, шағындық, майдалық.*

**КІШКЕНТАЙСЫ=** ет. *Кішкене санау.*

**КІШКЕНТАЙСЫН=** ет. **1.** *Кішкентай санап, мән бермегенсу.* **2.** ауыс. *Олқысыну, кемсіну.*

**КІШКЕНТАЙСЫНУ** *Кішкентайсын етістігінің қимыл атауы.*

**КІШКЕНТАЙЫНАН** үст. *Кішкене уақытынан, бала кезінен, титтейінен.*

**КІШ-КІШТЕ=** ет. **1.** *Ұсақ малды айдау я қайыру үшін дауыс шығару.* **2.** ауыс. *Біреуді біреуге өшіктіру, айдап салу.*

**КІШ-КІШТЕУ** *Кіш-кіште етістігінің қимыл атауы; ұсақ мал қайыру үшін кіш-кіш деп дыбыс шығару.*

**КІШМІШ** [ир. کشمش] зат. **1.** *Сүйексіз майда жүзімнің бір сорты.* **2.** *Кептірілген сүйексіз майда жүзім.*

**КІШМІШТЕЙ** сын. *Кішміш сияқты, кішміш тәрізді.*

**КІШІ** сын. **1.** *Үлкен емес, кішкене.* **2.** *Азғантай, шағын.* **3.** *Жолы яки қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен, кішірек.* **4.** *Жасы кіші, кенже, жас. // Жасы кіші, жас адам.*

**Кіші айналу шеңбері.** анат. *Қанның оң жақ қарыншадан өкпе арқылы жүректің сол жақ жүрекшесіне баратын жолы.* **Кіші аққу.** зоол. <лат. cugrus bewickii> *Қаз тәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын, кішілеу, салмағы 6,2 кг болатын құс.* **Кіші ата.** *Әрқайсысының ұрпағы өсіп, бір-бір елге айналған ағайынды екі немесе одан да көп балалардың кішісі және одан тараған ұрпақ.* **Кіші әйел [қатын].** *Бәйбішеден кейінгі кенже әйел, тоқал.* **Кіші әріп.** <ағыл. lowercase letter, small letter> лингв. *Орфография мен пунктуация жүйесі жазба әріпті талап етпейтін жағдайдағы барлық сөздерді жазу үшін пайдаланылатын әдеттегі әріп.* **Кіші бесін.** *Күн төбеден ауған кезі .* **Кіші болды.** *Кішіпейіл, кешірімшіл болды.* **Кіші ғаламшарлар [планеталар].** астрон. *Диаметрі 1-ден 1000 шақырымға дейінгі Күн жүйесінің денелері.* **Кіші ғылыми қызметкер.** *Ғылыми-зерттеу жұмысына лайықты мамандығы барларға берілетін ғылыми атақ.* **Кіші дәрет.** *Зәр, несеп.* **Кіші елші.** дипл. *Тұрақты кіші елші, Сыртқы істер министрі басқа елдің Сыртқы істер министрі жанында аккредиттеген, кіші шендегі дипломатиялық уәкіл.* **Кіші жап.** жерг. *Егін ішімен су жүргізетін үлкен арықтың тарауы, кішкене арық.* **Кіші жүз.** этн. *Қазақты үш жүзге бөлгендегі кішісі, негізінен Батыс Қазақстандағы ру-тайпалар бірлестігі.* **Кіші инженер.** *Атақ, дәрежесі, лауазымы төмен инженер.* **Кіші калибрлі артиллерия.** әск. *Көбінесе әуедегі нысаналар мен шағын кемелерге қарсы күрес жүргізу үшін қолданылатын, калибрі әдетте 76 мм дейін болатын қару.* **Кіші калибрлі винтовка.** әск. *Атысқа үйрену, бұқаралық спортта және атуда жоғары көрсеткішке жету үшін қолданылатын 5,6 мм-лік калибрлі винтовка.* **Кіші калибрлі зеңбірек.** әск. *Калибрі 75 мм-ге дейін болатын зеңбірек түрі.* **Кіші командир.** әск. *Шені, дәрежесі жағынан төмен командир.* **Кіші қабыршөп.** өс. < лат. vinca minor> *Сабағы жайыла өсетін, жапырақтары эллипс тәрізді қарама-қарсы орналасып, сопақтау келген, үнемі көгеріп тұратын, биіктігі 60 см-ге жететін, аласа, бұталы өсімдік.* **Кіші қосаяқ.** зоол. *Қосаяқтардың ең кіші түрі.* **Кіші құлық бие.** *Тайында айғырдан шығып, құнажынында құлындаған бие.* **Кіші лейтенант.** әск. *Әскери училищені бітірген соң берілетін кіші командирлік әскери атақ.* **Кіші офицерлер.** әск. *Қарулы күштердің барлық түрлерінің кіші лейтенанттары, аға лейтенанттары, капитандары.* **Кіші сарытұңғиық.** өс. < лат. Nuphar pumilum> *Көпжылдық, етті, жерасты сабақты өсімдік.* **Кіші сарытікен.** өс. <лат. horaninovia minor> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік, сарытікеннің бір түрі.* **Кіші сержант.** әск. *Атағы төмен әскери лауазым.* **Кіші сұлтан.** тар. *Ертеде болысты басқарған феодалдардың әкімшілік лауазымы, атағы.* **Кіші үй.** этн. *Деңгей, мәртебесі кішілеу отау иелері.* **Кіші шеше.** *Әкесінің бәйбішеден кейінгі алған әйелі немесе әкесінің інісінің әйелі.* **Кіші шілде.** жерг. *Жаз кезіндегі ең ыстық күндердің, шілденің алғашқы кезі.*

**КІШІГІРІМ** сын. **1.** *Ұсақ-түйек, анау-мынау.* **2.** *Шағын, орташа, кішкентай.*

**Кішігірім компьютерлер.** инф. <ағыл. notebook> *Көлемі 210х297 мм (А4 пішімі) және одан да кем болатын, қоректендіру элементтерімен жұмыс істейтін шағын есептеу мәшинелері.* **Кішігірім өзендер.** сушар. *Ұзындығы 200 км-ге дейінгі өзендер.*

**КІШІГІРІМДЕУ** сын. *Кішірек, шағындау, шамалылау.*

**КІШІЖАР** зат. жаңа. сөйл. *Кіші әйел, тоқал.*

**КІШІК** сын. **1.** *Кіші. // Мәртебесі, дәрежесі кіші адамдар.* **2.** ауыс. *Кішіпейіл, қарапайым. // Кішіпейіл, қарапайым адам.*

**Кішік болды.** *Өзін-өзі қарапайым, кішіпейіл ұстады.*

**КІШІКТЕН=** ет. *Кішірею.*

**КІШІКТІК** зат. **1.** *Кішілік.* **2.** ауыс. *Кішіпейілділік, қарапайымдылық.*

**Кішіктік қылды [жасады].** а) *Кішілік, кішкентайлық істеді.* ә) *Кішіпейілдік көрсетті, ізеттілік танытты.*

**КІШІЛЕУ** сын. **1.** *Кішірек, кішкентайлау.* **2.** *Шағындау, шамалылау.* **3.** *Қысқалау, аласалау. // Жасы кішірек адам.*

**КІШІЛІК[1]** зат. **1.** *Кішкентайлық, жасы кіші болушылық.* **2.** *Шағындық.* **3.** ауыс. *Кішіпейілдік, ізеттілік, адамгершілік.*

**КІШІЛІК[2]** зат. көне. *Көп әйелі бар адамның ең кіші тоқалы.*

**Кішілікке алды.** *Кіші әйелі, тоқалы етті.* **Кішілікке берді [қалдырды].** *Кіші әйелдікке берді.* **Кішілік қылды [етті].** *Ілтипат, ізеттілік көрсетті.*

**КІШІМСІН=** ет. *Кіші болғансу, кішірейгенсу.*

**КІШІМТАЙЛЫ** сын. *Шағын, болмашы.*

**Кішімтайлы болды.** *Кінәлі болып, кішірейіп, қорғанып, жасқанып қалды.*

**КІШІМІШ** зат. сөйл. ***Кішміш.***

**КІШІПЕЙІЛ** сын. **1.** *Инабатты, сыпайы.* **2.** *Өзін өзгеден жоғары ұстамайтын, кішік, қарапайым.*

**КІШІПЕЙІЛДІК** зат. *Әдептілік, инабаттылық, сыпайылық.*

**КІШІПЕЙІЛДІЛІК** зат. сөйл. ***Кішіпейілдік.***

**КІШІР** елік. сөйл. ***Қышыр.***

**КІШІР=** ет. **1.** *Кішірею, кішкентай болып қалу.* **2.** ауыс. *Біреуден кем болу, төмен ұстау.* **3.** ауыс. *Беделі, абырой-атағы, дәрежесі кему, төмендеу.*

**КІШІРЕЙ=** ет. **1.** *Кішіру, кішкентай болу, құртақандай болып қалу.* **2.** *Әдеттегі қалыптан, шамадан азаю, кему.* **3.** *Белгілі бір заттың көлемінің үлкендік, кеңдік жағынан тарылуы, жиырылу, сему, сығылу.* **4.** *Қысқару, аласару, шөгу.* **5.** ауыс. *Өзін біреуден төмен ұстау, кіші санап ибадат қылу, кішіпейілдік етіп иілу.* **6.** ауыс. *Қызмет дәрежесі, лауазымы жағынан төмендеу.*

**КІШІРЕЙЕ-КІШІРЕЙЕ** үст. *Кішірейте түсіп, бір уыс болып.*

**КІШІРЕЙТ=** ет. **1.** *Кіші ету, кішкентай қылу.* **2.** *Әдеттегі қалыптан тарылту, кеміту, сығырайту.* **3.** ауыс. *Төмен етіп көрсету, кіші санау.* **4.** ауыс. *Қызмет дәрежесін, лауазымын төмендету.*

**КІШІРЕЙТУ[1]** зат. инф. <ағыл. minimization> *Сапасын немесе пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында жүйені сипаттайтын белгілі бір көрсеткіштің мәнін азайту процесі.*

**КІШІРЕЙТУ[2]** *Кішірейт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кіші ету.* **2.** *Әдеттегі қалыптан тарылту, көлемін кеміту.* **3.** *Жасын кіші қып көрсету.*

**КІШІРЕЙТІЛ=** ет. *Көлемін кіші қылдыру.*

**КІШІРЕК** сын. **1.** *Үлкен емес, кішкенелеу.* **2.** *Азырақ, шамалырақ, кішкентайлау.* **3.** *Шағынырақ, орташарақ.* **4.** *Бойы қысқалау, аласалау.* **5.** ауыс. *Жасы кішілеу.*

**КІШІРЕКТЕУ** сын. **1.** *Кішкентайлау, кішкенелеу.* **2.** *Шағындау, шамалылау, орташалау.* **3.** *Қысқалау, аласалау.*

**КІШІРЕЮ** *Кішірей етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тарылу, сығылу.* **2.** ауыс. *Кішіпейілділік етіп иілу, өзін төмен ұстау.*

**КІШІРТ=** ет. жерг. *Кішірейту, сығымдау.*

**КІШІРТУ** сөйл. *Кішірт етістігінің қимыл атауы.*

**КІШІСІН=** ет. *Кіші көру, кіші санау.*

**КІШІСІНУ** *Кішісін етістігінің қимыл атауы.*

**КЭШ** [ағыл. cache] зат. экон. *Нақтылы ақша формасындағы заңды төлеу құралы, банкнот және монета.*

**КЭШ-ЖАДЫ** зат. инф. *Аралық нәтижелерді және жиі қолданылатын мәліметтерді уақытша сақтайтын компьютердің жедел жадысы.*

**КЮВЕТ** [франц. cuvette] зат. *Теміржол, автомобиль жолының екі жанынан қазып жүргізілетін ұзыннан-ұзақ ор.*

**КЮВЕТА** зат. хим. *Сұйықтықтарды немесе газдарды оптикалық әдістермен зерттеуге арналған түтік.*

**КЮДО** зат. спорт. *Жапондардың көнеден келе жатқан садақтан ату сайысы.*

**КЮРИ** [лат. curium] зат. хим. *Француз физиктері П.Кюри мен М.Склодовская-Кюри есімімен аталған, радиоактивті химиялық элемент.*

**КЮРИТЕРАПИЯ** [франц. curie, грек. therapeia] зат. мед. *Кюриді емдік мақсатта қолдану.*

# Қ

**Қ** зат. **1.** *Қазақ әліпбиінің он бесінші әрпі.* **2.** лингв. *Тіл артының тілшікке тоғысуы арқылы жасалатын қатаң дауыссыз дыбыс және оны таңбалайтын әріп.*

**ҚАБА[1]** зат. өс. *Пияздың бір сорты.*

**ҚАБА[2]** сын. *Қалың, тығыз, қою (сақал, жал).*

**Қаба жал.** *Қалың жал.* **Қаба жалды.** *Қалың жалды, қалың жалы бар.* **Қаба сақал.** *Жақты тұтас қаптап шыққан қою, қалың сақал.* **Қаба тұяқ.** *Жуан, дөңгелек тұяқ.*

**ҚАБАҒАН** сын. *Кісі талайтын, қапқыш.*

**Қабаған иттей құтырды.** *Беттен алып, төске шапты, кісіге қарай шабалана жөнелді.*

**ҚАБАҒАТ** үст. **1.** *Орасан, өте керемет.* **2.** ескікіт. *Шұғыл, зәру, тығыз.*

**ҚАБАДА** зат. кәс. сөйл. ***Қабадан.***

**ҚАБАДАЙ** сын. *Үлкен, қауғадай.*

**ҚАБАДАН** зат. кәс. *Талдан тоқып жасалған балық аулайтын құрал.*

**Қабадан ау.** кәс. *Талдан иіп, шеңберлеп жасалған ау.* **Қабадан қайық.** жерг. кәс. *Қабаданды суға салып, балық аулауға арналған қайық.*

**ҚАБАДАНШЫ** зат. кәс. *Қабаданмен балық аулаушы.*

**ҚАБАЖАҚ** зат. жерг. *Даладан терілген жұқа тезек.*

**ҚАБАЖАҚТАЙ** сын. *Қабажақ тәрізді, жұқа.*

**ҚАБАЖАУЛА=** ет. *Қоршау, қамалау.*

**ҚАБАЖАУЛАУ** *Қабажаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАҚ**[1] зат. **1.** анат. <лат. palpebrae> *Қас пен көздің арасындағы шығыңқы сүйек.* **2.** ауыс. *Жар мен сайдың не жыраның үстіңгі жиегіне жақын жері.* **3.** ауыс. *Адамның бір нәрсеге байланысты байқалатын көңіл-күйі, мінез-құлқы.*

**Қабағы ашық.** *Ақжарқын, жайдары.* **Қабағы ашылды [жазылды].** *Көңілі көтеріліп жадырады, көңілденді.* **Қабағы биік.** *Қабағы қалың, қатал.* **Қабағы жабылды.** *Реңі түнжырады, түнерді.* **Қабағы жабыңқы.** *Еңсесі түсіп, түнжырап-түнерген.* **Қабағы жадырады.** *Қас-қабағы ашылып, көңіл-хошы көтерілді.* **Қабағы жылынды.** *Ықыласы, мейірімі түсті.* **Қабағы келіспеді.** *Көзқарасы, ниет-пиғылы жақсы болмады, жақтырмады, ұнатпады.* **Қабағы кірбің тартты.** *Көңілсізденді, реніш пайда болды.* **Қабағы кіржиді.** *Ұнатпады, жақтырмады.* **Қабағы кіртиді.** *Қабағы түйілді, ашуланды.* **Қабағы қалыңдады.** *Қабағы түйілді, түнжырады.* **Қабағы қарс жабылды [түйілді].** *Ызаланды, ызалы ашуға мінді; ашумен тас түйін болып алды.* **Қабағы қатты.** а) *Қабағы түйілді.* ә) *Көндікті, бейімделді.* **Қабағы қату.** *Қабағы қатыңқы, ренішті.* **Қабағы қатулы.** а) *Кейісті, ренжулі.* ә) *Сұсты, қаһарлы.* б) *Түнерген, бұлтты күн, ауа райы суық.* **Қабағы қатыңқы [қату, түйіліңкі, салыңқы].** *Көңілі жабырқаңқы, қапалы, ұнжырғасы түскен.* **Қабағымен ұқтырды.** *Айтпай, көзқарастан түсінді.* **Қабағына кірбің түсірмеді.** *Көңілін қалдырмады, ренжітпеді, жабырқатпады.* **Қабағына кірбің ілінді.** *Ренжіді, түнжырады.* **Қабағына қарады.** *Жай-жағдайына қарады ренжітпеді, көңілін аулады.* **Қабағына қар қатты.** *Қабағы түйілді, қатуланды.* **Қабағына қар қатты, кірпігіне мұз қатты.** *Ұзақ сапарда жол азабын тартты, қатты қиналды.* **Қабағына қырау [мұз, қар] қатты.** *Ашуланды, кәрленді, түнжырады, түнерді.* **Қабағынан қар жауды.** *Қатты ашуланды, түнерді, сұстанды.* **Қабағынан қар жаудырды.** *Қаһарланды, қатты ашуланды.* **Қабағынан қара бұлт кетпеді.** *Түнеріп алды, көңілі бір көтерілмеді, қайғырды.* **Қабағын аузына түсірді.** *Ашуланды, қатты ренжіді.* **Қабағын ашпады [ашты].** а) *Түнжырады, мұңайды.* ә) *Көңілін көтерді, жадырады.* **Қабағын бақты.** *Ыңғайына қарады, ретін байқады.* **Қабағында кірбің бар.** *Көңілсіз, ренішті.* **Қабағында сұрақ тұрды.** *Сұрап білгісі келген ой болды.* **Қабағын жазды.** *Көңілденді, жадырады.* **Қабағын [қарс] жапты.** *Суық рай білдірді, қабақ шытты.* **Қабағын көтерді.** *Ашуын басты, көңілі жайланды.* **Қабағын кірбің шалды.** *Түнжырады, көңілсізденді.* **Қабағын қалыңдатты.** *Қабағын түйді, түксиді.* **Қабағын қарс жапты.** *Қатты ашуланды, түнерді, түксиді.* **Қабағын қырыстырды.** *Қабағын түйді, түксиді.* **Қабағын мұң жапты.** бейн. *Қапа болды, уайым-қайғыға түсті, түнжырады.* **Қабағын тастай [тарс] түйді.** *Қатты ашуланды, ашуға булықты.* **Қабағын төмен түсірді.** *Төмен қарады, көзін төмен салды.* **Қабағын түйді.** *Ашуланды, жақтырмады, түнерді.* **Қабағын түйілдірді.** *Қатты қайғыртты, көңілін, еңсесін түсірді, ренжітті.* **Қабағын [қас-қабағын] түйілтті.** *Қамығу, ренжу.* **Қабағын тырыстырды.** *Ренжігенді, жақтырмағанды т.б. жағымсыз кейіпті білдіру үшін қабағын шыту қимыл ишаратын жасады.* **Қабағы салбыр болды.** *Түнжырады, көңілсіз жайтта болды.* **Қабағы салыңқы.** *Көңілі жабырқаңқы, ренішті.* **Қабағы сынды.** *Түнжырады, еңсесі түсті.* **Қабағы тастай түйілді.** *Түнжырады, түнерді.* **Қабағы түйілу.** *Ренжу, қатулану.* **Қабағы түсті.** *Түнжырады, түнерді.* **Қабағы тырысты.** *Жақтырмады, ұнатпады.* **Қабақ ашпады.** *Түнжыратты, мұңайтты.* **Қабақ білдірді [берді].** *Сыр берді, сездірді.* **Қабақ жазды.** *Ренішті, кейісті түрін өзгертті, көңілденді.* **Қабақ керу.** паралингв. *Ойланғанды, сөзге, бір нәрсеге мән бергенін, шешім қабылдауға даяр екенін, ой түйгенін, қабағын көтеріп білдіретін қимыл ишарат.* **Қабақ көрсетті.** *Жақтырмады, жаратпады.* **Қабақ қағысты.** *Ыммен түсіністі.* **Қабақ қаққанша [қаққандай].** *Тез, жылдам, көз ілеспейтін жылдамдықпен.* **Қабақ қақпады.** *Сескенбеді, тайсалмады, міз бақпады.* **Қабақ қақты.** *Ымдады, белгі берді.* **Қабақпен имендірді.** *Бетін қайырды, тайсалдырды.* **Қабақ қырау еріді.** бейн. *Көңілі жібіді, жайдарыланды, қабағы ашылды.* **Қабақ танығыш.** *Білгіш, түсінгіш, аңғарғыш.* **Қабақ танытты.** *Сыңай білдірді, ыңғай көрсетті.* **Қабақ түйісті.** *Бірігіп қатуланды, ренжігендерін білдірді.* **Қабақтары жарқылдады.** *Жүздері бал-бұл жанды, жүзінен қуаныш көрінді.* **Қабақ шытты.** *Ашуланды, кейіді.* **Қабақ шытысты.** *Ренжісті, келіспеді.*

**ҚАБАҚ**[2] зат. **1.** өс. <лат. lagenaria> *Асқабақ тұқымдасына жататын, жемісі қатты, су өткізбейтін, пішіні құмыра, алмұрт т.б. тәрізді біржылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Жеуге жарамайтын, асқабақ тәрізді өсімдіктен жасалған ыдыс.*

**ҚАБАҚАТ** үст. ескікіт. *Қатты, бек, өте.*

**ҚАБАҚТАЙ** сын. *Үлкен, дәу, семіз.*

**ҚАБАҚТАУ** сын. *Қабақтылау келген.*

**ҚАБАҚТЫ** сын. *Қабағы қалың, қою.* // *Сұсты, қаһарлы, сесті кісі.*

**ҚАБАҚТЫҚ** зат. *Қабырғаның, терезенің үстінен шығып тұратын өрнекті тұсы.*

**ҚАБАҚША** зат. *Кішігірім жарқабақ.*

**ҚАБАЛА** зат. діни. *Мемлекетке қатысты қаржылық міндеттеме.*

**ҚАБАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қалбақтау, қалбалақтау, асып-сасу.* **2.** сөйл. *Жапалақтап қар жауу.*

**ҚАБАЛАҚТАУ** *Қабалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАЛАН=** ет. *Тығыз өсу, қалың болып біту.*

**ҚАБАЛАНУ** *Қабалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАЛАУ** сын. *Қалыңдау, тығыздау.*

**ҚАБАН**[1] зат. зоол. <лат. sus scrofa> *Сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын жабайы шошқаның еркегі.*

**Қабан ақыртқан.** *Мықты, күшті, дегені болып тұрған.* **Қабан қанжар.** этн. *Қанжардың үлкен түрі.* **Қабан құлақ.** *Тік құлақ.* **Қабаннан жаман Қарынбай.** *Ішетін асын, құлқынын, қарнының тоқтығын ғана ойлайтын мешкей адамдар жайлы.* **Қабан тісті.** *Қабанның тісіндей екі жағынан ырсиып шығып тұрған; аюдай ірі, салалы.*

**ҚАБАН**[2] зат. жерг. *Төрт-бес арба шығатын шөп үйіндісі.*

**ҚАБАНДАЙ** сын. *Қабан тәрізді семіз, ірі.*

**ҚАБАНДЫ** сын. *Қабаны көп.*

**ҚАБАНДЫҚ** зат. *Зұлымдық, жауыздық.*

**ҚАБАНЖОН** сын. *Дөңдеу, бүйірлі, мая жон.*

**ҚАБАНША**[1] зат. *Әлі өсіп жетілмеген, кішкентай қабан.*

**ҚАБАНША**[2] үст. *Қабан тәрізді, қабанға ұқсап.*

**ҚАБАР** = ет. **1.** *Көтерілу, ісіну, дүрдию.* **2.** *Үсік шалу, домбығу.* **3.** *Ашытқымен иленген қамырдың ашуы, көтеріліп, бет жағы жұқаруы.* **4.** ауыс. *Түтігу, ашуға булығу.*

**ҚАБАРДА** зат. *Қабарда-Балқар Республикасының негізгі халқы.*

**Қабарда тілі.** лингв. *Иберий-Кавказ тілдері шоғырының абхаз-адыгей бұтағының адыгей тобына кіретін қабарда халқының тілі.*

**ҚАБАРЖУ** *Қабаржы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ренжу, налу, қынжылу.* **2.** жерг. *Қобалжу, толқу, мазасыздану.*

**ҚАБАРЖЫ=** ет. **1.** *Қобалжу, толқу, мазасыздану.* **2.** *Ренжу, налу, қынжылу.*

**ҚАБАРЖЫТ=** ет. *Ренжіту, қынжылту.*

**ҚАБАРЖЫТУ** *Қабаржыт етістігінің қимыл атауы; ренжіту, қынжылту.*

**ҚАБАРТ=** ет. **1.** *Ісіну, домбығу.* **2.** ауыс. *Түсі бұзылу, түтігу, түнеру.*

**ҚАБАРТУ** *Қабарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАРУ** *Қабар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАРУШЫЛЫҚ** зат. кен. *Температураның, ылғалды және басқадай жағдайлардың әсерінен таужыныстар көлемінің ұлғаюы.*

**ҚАБАРЫҢҚЫ** сын. *Дүрдиген, көнтиген, ісініп қалыңдаған, домбыққан.*

**ҚАБАТ**[1] зат. **1.** *Қат-қат болған заттың бір қатары, бір қаты.* **2.** *Бөлік, бөлім.* **3.** *Дүркін, рет.* **4.** *Үй, ғимараттардың бірінің үстіне бірі салынған бір бөлігі.* **5.** инф. <ағыл. layer> *Нейрондық желілерде – араларында жалғастыру жоқ, бірақ оған «кіріс-шығыс»-тың жалпы әдісін қолдануға болатын жасанды нейрондар тобы.* **6.** биол. <лат. strata> *Бірлестікті сабақ, жапырақ, тамыр, бадана, жуашық сияқты өніп-өсу мүшелері орналасқан құрылым сатылары.* **7.** биол. *Фитоценоздың бір-бірінен бөлектенген құрылым бөлігі.* **8.** геол. *Біртекті тау жыныстарынан құралған жалпақ геологиялық дене.* **9.** кен. *Кен орындарын жерасты әдісімен игеру кезінде қазуға арналған, параллель екі жазықтықпен шектелген кен шоғырының бөлігі.* **10.** археол. *Археологиялық қазба жұмыстары кезінде жер бетінен төмен табылған ескерткіштердің орналасқан реті, қаты.* **11.** *Қабатталған, сыртынан жабылған зат т.б.* **12.** ауыс. *Жік, топ.*

**ҚАБАТ**[2] үст. **1.** *Бірге, қатар, қоса.* **2.** *Жаны, қасы.*

**ҚАБАТ**[3] од. жерг. *Асық ойнағанда айтылатын сөз.*

**ҚАБАТАРАЛЫҚ:** **қабатаралық су.** геогр. *Жоғарыдан және төменнен су өткізбейтін немесе суды нашар өткізетін қабаттар арасында орналасқан таужыныстардың кеуек қуыстарындағы арынсыз жерасты қабаты аралық сулары.*

**ҚАБАТ-ҚАБАТ** сын. **1.** *Бірнеше қабат, қалың.* **2.** *Көп қабатты, биік.*

**ҚАБАТТА=** ет. **1.** *Бірінің үстіне бірін салып қалыңдату.* **2.** *Қабат-қабат етіп қалың киіну.* **3.** *Қаттау, бүктеу.*

**ҚАБАТТАЛ=** ет. *Қатталу, қалыңдатылу.*

**ҚАБАТТАЛУ** *Қабаттал етістігінің қимыл атауы.* геол. *Шөгінді тау жыныстарының қимасындағы бір қабаттың екінші қабатпен алмасу құбылысы.*

**ҚАБАТТАН=** ет. **1.** *Қабатталу, қабат-қабат болу.* **2.** *Үйілу.*

**ҚАБАТТАС** зат. кен. *Қабатты құрылымды алюмосиликат минералы; электр тоғын және жылу өткізбейтін материал.*

**ҚАБАТТАС=** ет. **1.** *Қатарласу, қатар келу.* **2.** *Бірнеше оқиға, іс қат-қабат келіп тоқайласу.* **3.** *Қосамжарласу, қалыспау.*

**ҚАБАТТАСТЫҚ** зат. геол. *Шөгінді тау жыныстарының көлденең қимасында байқалатын бір қабаттың басқа қабатпен алмасуы.*

**ҚАБАТТАСТЫР=** ет. **1.** *Бірінің үстіне бірін қою.* **2.** *Үстемелету, қосу.* **3.** *Қосарлау, араластыру, тықпалау.*

**ҚАБАТТАСТЫРУ** *Қабаттастыр етістігінің қимыл атауы; қосарлау.*

**ҚАБАТТАСТЫРЫЛ=** ет. *Қатарластырылу, иін тірестірілу.*

**ҚАБАТТАСТЫРЫЛУ** *Қабаттастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАТТАСУ** *Қабаттас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қосамжарласу, кимелеу.* **2.** *Араласу, бірге жүру.* **3.** инф. <ағыл. interleaving> *Ақпараттық тізбектерді кадрлардың кезектесетін сериялары түрінде сақтау және осы тізбектерді лезде өзара ауыстырып қосу арқылы қарап шығу әдісі.*

**ҚАБАТТАСУШЫЛЫҚ** зат. *Кимелеп, ретсіз араласушылық.*

**ҚАБАТТАУ** *Қабатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБАТТЫ** сын. *Қабаты бар, қабаттан тұратын, биік (үй).*

**ҚАБАТТЫЛЫҚ** з а т . б о т . *Өсімдік бірлестігіндегі (фитоценоз) өсімдіктердің тік бағытта өсу биіктігіне қарай жерүсті және жерасты мүшелерінің орналасу қабаты.*

**ҚАБАТША** з а т . г е о л . *Қат-қабат тау жыныстарының басты-басты қабаттары мен қойнауқаттары аралықтарынан өзіндік бояу немесе құрам өзгешеліктерімен даралanып көрінетін жұқа қабат.*

**ҚАБАТЫНАН** ү с т . *Қоса қабат, үстіүстінен.*

**ҚАБДЫЛ** з а т . е с к і к і т . *Дәрмен.*

**ҚАБИ: қаби етті.** к ө н е . *Табыс етті.*

**ҚАБИЛА**[1] [ар. قبيلة ] з а т . *Тайпа, ру.*

**ҚАБИЛА**[2] з а т . е с к і к і т . *Жақ, түс, беталыс, бағыт.*

**ҚАБИРА** [ар. كبيرة] з а т . д і н и . *Үлкен, ауыр күнә.*

**ҚАБУ**[1] э т н . *Қабы етістігінің қимыл атауы; ішіне жүн, мақта салынған көрпе, көрпешені қалың жіппен әр жерден бір іліп жапсыра тігу, көктеу.*

**ҚАБУ**[2] *Қап етістігінің қимыл атауы; иттің шабаланып үруі, адамға ұмтылып, тістеп алуы.*

**ҚАБУ**[3] *Тіліп түсу.*

**ҚАБЫ=** е т . э т н . *Ішіне салынған мақта, жүн жылжып кетпес үшін көрпенің тысы мен астарын жапсырып тігу.*

**ҚАБЫ: қабы қанды.** ж е р г . *Айызы қанды.*

**ҚАБЫЗ**[1] з а т . ж е р г . **1.** *Ерік, ықтияр.* **2.** *Қарауы, қарамағы.*

**ҚАБЫЗ**[2] з а т . *Тұқым, ру.*

**ҚАБЫЗ**[3] с ы н . ж е р г . *Қапырық, ыстық.*

**ҚАБЫЗДА**[1] **=** е т . ж е р г . *Қоршап орап алу, қаптау.*

**ҚАБЫЗДА**[2] **=** е т . *Пысынау, ыстықтау.*

**ҚАБЫЗДАН =** е т . ж е р г . *Пысынау, ыстықтау.*

**ҚАБЫЗДАТ=** е т . *Ыстықтату, пысынату.*

**ҚАБЫҚ** з а т . **1.** *Белгілі бір заттың сыдырыла келетін жұқа қабаты.* **2.** а н а т . <лат. cuticula> *Жүрек, өкпе сияқты ағзалардың сыртқы қабы, қапшығы.* **3.** б о т . < лат. cortex> *Өсімдіктің сыртқы қабаты, қабыршағы.*

**Қабық қоңызы.** з о о л . <лат. ipidae> *Ағаш сүрегін зақымдайтын, дене тұрқы 0,8-12 мм, пішіні цилиндр тәрізді, түсі күрең қоңыр не қара ағаш зиянкесі; қатты қанаттылардың бір тұқымдасы.*

**ҚАБЫҚТА=** ет. *Ағашты қабығынан аршып тазарту, сыдыру.*

**ҚАБЫҚТАЙ** с ы н . **1.** *Қабық сияқты, қабық тәрізді.* **2.** а у ы с . *Қаймыжықтай, өте жұқа.* **3.** а у ы с . *Нәзік, әлжуаз.*

**ҚАБЫҚТАН =** е т . *Жұқа қабат, қабыршақ пайда болу.*

**ҚАБЫҚТАНУ** *Қабықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫҚТЫ** с ы н . *Қабығы бар, қабықтан тұратын.*

**Қабықты жалынгүл.** ө с . *<лат. coronaria coriacea> Ылғалы аз, құрғақ жерлерде өсетін, биіктігі 40-60 см өсімдік.*

**ҚАБЫҚТЫЛАР** з а т . б и о л . <лат. tunicata> *Теңіздерде тіршілік ететін хордалылар типінің бір тип тармағы.*

**ҚАБЫҚША** з а т . **1.** *Белгілі бір затты орап тұрған жұқа қабат, қабыршақ.* **2.** *Арақашықтығы басқа өлшемдерімен салыстырғанда айтарлықтай аз болатын екі қисық бетпен шектелген кеңістіктік құралым.*

**ҚАБЫҚШАЛЫ** с ы н . *Қабықшасы бар, қабықшадан тұратын.*

**Қабықшалы сасықшөп.** ө с . *<лат. leonurus panzerioides> Ерінділгүлділер тұқымдасына жататын екі не көпжылдық шөптесін өсімдіктердің түрі.*

**ҚАБЫЛ**: **беті қабыл.** *Бағыты дұрыс, орынды.*

**Қабыл алды.** а) *Мақұл көрді, қош көрді.* ә) *Қабылдады, құлақ асты.* б) *Құрметпен қарсы алды.* **Қабыл алғандық**. *Қош көргендік, мойындағандық, келіскендік.* **Қабыл болды.** *Қабылданды, тілегі, сұрағаны орындалды.* **Қабыл болсын.** д і н и . т і л е к . *Шалынған құрбандық не берілген садақа немесе ғибадат Алла тағалаға жетіп, ризалығын алсын деген мағынада айтылатын сөз.* **Қабылға алынбады**. *Тыңдалмады, құпталмады.* **Қабыл етті.** *Қош көрді, жаратты, ұнатты.* **Қабыл көрді.** *Мақұл көрді, келісті, ұнатты.*

**ҚАБЫЛАН** з а т . **1.** з о о л . <лат. acinonyx jubatus> *Мысық тұқымдас, түсі теңге шұбар, сүтқоректі жыртқыш аң.* **2.** а у ы с . *Ержүрек, қайтпас қайсар, батыр адам. // Жүрек жұтқан, батыр.*

**Қабылан қабақ [келбетті].** *Сұсты, айбатты, түсі суық.*

**ҚАБЫЛАНДАЙ** с ы н . *Айбатты, қаһарлы, қайратты.*

**ҚАБЫЛАНДЫҚ** з а т . *Батырлық, ерлік.*

**ҚАБЫЛДА =** е т . **1.** *Бір нәрсені өзінің қарамағына, қол астына өткізіп алу.* **2.** р е с м и . *Мекеме басшысының қызмет бабында келушілердің мәселелерін, сұрақтарын тыңдап, жүздесуі.* **3.** *Белгілі бір мәселе бойынша айтылған, қорытылған ұсыныс, пікір, қаулы, қарар, заңдарды көпшілік дауыспен қабыл алу.* **4.** *Алу, қолдану, пайдалану.* **5.** *Қойылған, берілген сұрақтар бойынша жауабын тыңдау.*

**ҚАБЫЛДАҒЫШ**[1] з а т . **1.** т е х . *Арнаулы стансылардағы қашықтықтан электромагнит толқындары арқылы дыбыстар мен белгілерді қабылдайтын және сымсыз хабар беретін аспап.* **2.** т е х . ***Радиоқабылдағыш.*** **3.** б и о л . *Сыртқы әсерді қабылдап, оны қуатын жүйке жүйесіне ауыстыруға жоғары дәрежеде маманданған сенсорлық жүйенің құрылымы.*

**ҚАБЫЛДАҒЫШ**[2] с ы н . **1.** *Алғыр, зейінді, қабілетті.* **2.** *Құптағыш, қостағыш.*

**ҚАБЫЛДАМПАЗ** с ы н . с ө й л . ***Қабылдағыш.***

**ҚАБЫЛДАН=** е т . **1.** р е с м и . *Жиын, мәжіліс, жиналыстарда ұсынылған пікір, шешім, заң, қорытылған қаулы, қарар қаралатын мәселе ретіндегі өтініш, арыздың т.б. көпшілік дауыспен қабыл алынуы, құпталуы, қолданысқа енуі.* **2.** *Мектеп, бала-бақша сияқты мекеменің құрамына алыну.* **3.** *Түсінілу, жету.*

**ҚАБЫЛДАНУ** *Қабылдан етістігінің қимыл атауы; жиын, мәжіліс, жиналыстарда көтерілген ұсыныс, шешім, қорытылған қаулы, қарар, заңдардың көпшілік дауыспен қабыл алынуы, құпталуы, қолданысқа түсірілуге қорытылуы.*

**ҚАБЫЛДАНЫЛ=** е т . **1.** *Түсінілу, ұғынылу.* **2.** *Өткізілу, алыну.*

**ҚАБЫЛДАНЫЛУ** *Қабылданыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫЛДАС=** е т . *Қабыл алысу; құп көрісу, мақұлдасу.*

**ҚАБЫЛДАСУ** *Қабылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫЛДАТ=** е т . **1.** *Қабыл алғызу, белгілі бір ұсыныс, пікірге құлақ астыру, мойындату, келісімін алу.* **2.** *Мектеп, балабақша сияқты мекеменің құрамына алдырту.*

**ҚАБЫЛДАТҚЫЗ=** е т . *Қабыл алғызу, қабылдату, алдырту.*

**ҚАБЫЛДАТҚЫЗУ** *Қабылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫЛДАТТЫР=** е т . *Қабыл алдырту, қабылдатқызу, тілек, өтініштеріне құлақ астырту; өткізу.*

**ҚАБЫЛДАТТЫРУ** *Қабылдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫЛДАТУ** *Қабылдат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өтініш, тілектеріне құлақ астырту, өткізу.* **2.** *Ұғындыру, таныту, түсіндіру.*

**ҚАБЫЛДАУ**[1] з а т . **1.** *Адамдарды бір нәрсенің немесе әлдекімнің құрметіне орай шақыру, жиналыс, кездесу өткізуі.* **2.** р е с м и . *Үкімет басшыларының, ресми тұлғалардың, Президенттің бір нәрсенің не біреудің құрметіне немесе белгілі бір айтулы күнге байланысты қонақтарды қабылдауы, шақырылғандармен жиналыс, кездесу жасауы.* **3.** псих. *Сезім органдарының рецепторлық беттеріне физикалық тітіркендіргіштердің тікелей әсері кезінде пайда болатын заттардың, жағдаяттар мен оқиғалардың тұтас бейнесі.* **4.** п с и х . *Заттар мен құбылыстардың мида тұтас бейнелену процесі.*

**Қабылдау актісі.** *Белгілі бір жұмыс түрін немесе ғимаратты сарапшылардың қабылдап алу құжаты.* **Қабылдау бөлмесі.** р е с м и . *Белгілі бір мекеменің келушілерді қабылдайтын, мекеме т . б. басшысының, әкімшіліктің орналасқан бөлмесі.* **Қабылдау емтиханы.** п е д . *Жоғары оқу орнына түсушілерден алынатын сынақ.* **Қабылдау комиссиясы.** п е д . *Жоғары оқу орнына құжат тапсырған талапкерлерден емтихан алып, конкурс қорытындысын шығаратын оқытушылар тобы.* **Қабылдау күні.** *а) Белгілі бір мекеме басшысының, лауазым иесінің қоғамдық немесе жеке мәселелер бойынша сұрауларды тыңдап, өтініштерін қарайтын белгіленген уақыт. ә) Тәрбие, білім беру мекемелеріне т . б. құжаттарды қабылдау үшін белгіленген уақыт.* **Қабылдау пункті.** *Белгілі бір тапсырылатын, өткізілетін затты алатын орын.*

**ҚАБЫЛДАУ**[2] *Қабылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір мәселе бойынша айтылған, қорытылған ұсыныс, пікір, қаулы, заңдарды көпшілік дауыспен қабыл алу, келісу, құп көру.* **2.** *Бір нәрсені өзінің қарамағына өткізу.*

**ҚАБЫЛДАУШЫ** з а т . **1.** *Қабылдап алатын адам. // Қабылдайтын.* **2.** и н ф . <ағыл. target> *Мәліметтерді қабылдап алатын бағдарлама немесе құрылғы.*

**ҚАБЫЛДАУЫШ** з а т . **1.** с ө й л . ***Радиоқабылдағыш.*** **2.** и н ф . < ағыл. receiver> *Арна арқылы таратқыштан мәліметтер қабылдайтын түйін.*

**ҚАБЫЛДЫҚ** з а т . *Шарапат, рақым.*

**ҚАБЫЛ-ҚҰБЫЛ** ү с т . с ө й л . *Апыл-ғұпыл, тез, асығып-үсігіп, асып-сасып.*

**ҚАБЫЛХАНА** [ар.+ир. قبولخانه] з а т . с ө й л . ***Қабылдау бөлмесі.***

**ҚАБЫМА** з а т . ж е р г . *Мақталы шапан.*

**ҚАБЫН=** ет. **1.** м е д . *Адам денесінің бір жерінің жараланып не зақымданып ісінуі, ағзаның ауру туғызатын факторларға қарсы жауап ретінде қорғануы.* **2.** *Ентігіп демалу, тынысы тарылу; сырылдау.* **3.** а у ы с . *Түнеріп, ісініп-кебіну, ашу қысу.* **4.** а у ы с . *Іші ашу, өкіну.*

**ҚАБЫНА-СҮРІНЕ** ү с т . *Сүріне-қабына, асып-сасып.*

**ҚАБЫНДА=** е т . *Қаптап кету, қаулау; күшею, өршу, асқындау.*

**ҚАБЫНДАН=** е т . *Күшею, үдеу.*

**ҚАБЫНДАНУ** *Қабындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫНДАТ =** е т . *Күшейту, үдету.*

**ҚАБЫНДАТУ** *Қабындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫНДАУ** *Қабында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫНДЫР =** е т . **1.** *Қабынтып ауырту, ісіндіру.* **2.** а у ы с . *Ушықтыру, қабынту, күшейту.*

**ҚАБЫНДЫРУ** *Қабындыр етістігінің қимыл атауы; қабынтып ауырту.*

**ҚАБЫНТ=** е т . **1.** м е д . *Өкпе ауруына шалдықтыру.* **2.** а у ы с . *Ушықтыру, қағынту, күшейту.*

**ҚАБЫНТУ** *Қабынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫНУ**[1] з а т . м е д . *Ағзаның ауру туғызатын факторларға қарсы жауап ретінде көрсететін қорғаныс әрекеті.*

**ҚАБЫНУ**[2] *Қабын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫР** з а т . с ө й л . ***Қабір.***

**ҚАБЫРҒА**[1] з а т . **1.** а н а т . <лат. costa> *Омыртқа мен төс сүйегін ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке сүйек.* **2.** *Арқа, адам кеудесінің арты.*

**Қабырғасы қайысты.** *Қатты қайғырды, уайымдады, жаны қиналды.* **Қабырғасы [қабырғасынан] қақырады.** *Берекесі кетті,*

*быт-шыт болды.* **Қабырғасы қатпаған [қатқан жоқ, қатаймаған].** *Жас, буыны қатпаған.* **Қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді.** *Өсіп-жетіп, кемеліне келді.* **Қабырғасымен [қабырғасына] кеңесті [ақылдасты].** *Әбден ойланып, ақылға салды.* **Қабырғасына [қатты] батты.** *Ауыр соқты, қиын тиді.* **Қабырғасына қолы батпады.** а) *Семіз, күйлі.* ә) *Ешкімнің тісі батпады.* **Қабырғасынан күн көрінді.** *Арыған, жүдеген, инеге шаншым еті жоқ мал туралы айтылады.* **Қабырғасынан қойды.** *Күтпеген жерден, турасын айтты, көлденеңінен тартты.* **Қабырғасын жапты.** *Жылқы семірді, майланды.* **Қабырғасын қаусатты [күйретті].** *Сай-сүйекті сырқыратып, жанға қатты батты, ауыр тиді.* **Қабырғасы сөгілді.** а) *Жаны ашыды, қайғырды, қабырғасы қайысты.* ә) *Жарысқа түсті, бар өнерін салды.*

**ҚАБЫРҒА**[2] з а т. **1.** *Үй, ғимарат сияқтылардың еденнен төбеге барып тірелетін тік бөлігі, қанаты.* **2.** м а т. *Бұрышты фигуралардың бұрыштарын қосатын кесінді.* **3.** а у ы с. *Бір заттың қапталы, жаны, тұсы.* **4.** а у ы с. *Тірек, сүйеніш.*

**Қабырға ағайын.** *Жанама туыс.* **Қабырға газеті.** *Белгілі бір мекеменің, ұйымның қабырғаға, не арнайы стендке ілінетін мерзімді қолжазба басылымы.* **Қабырғадағы қанат.** б е й н. *Қолдаушысы, сүйеніші.* **Қабырғадан қан аққан, толарсаққа мұз қатқан.** п о э т. *Қырғын ұрыс, қиын-қыстау кезеңдегі қиыншылықтар туралы айтылады.* **Қабырғадан қан кешті.** *Қырғын соғысқа тап болды, басына қиыншылық күн туды.* **Қабырға жол.** *Жалғызаяқ, ойыстау жол.* **Қабырғамен кеңесу.** *Әбден ойланып-толғану.* **Қабырға өрнек.** с ә у л е т. *Қабырғаға немесе күмбезге салынып, бедерленетін сурет және оларды безендіретін ою-өрнек.* **Қабырғасы бүтін.** *Өзгермеген түп-тамырын сақтаған, негізі дұрыс.* **Қабырғасы жабық.** *Жұртқа жариялана бермейтін, оңаша.* **Қабырғасы қақырады.** *Берекесі кетті, быт-шыты шықты.* **Қабырға тігіс.** к ә с. *Екі сызықтың арасымен біркелкі көлденең шаншып отыру арқылы тігілетін, материал шетterінің біріккен жігін бастыруда, киімнің бойын, балағын, жеңін әшекейлеуде қолданылатын тігіс түрі.* **Қабырға үй.** ж е р г. *Моланың бір жағынан жанай қазылған, өлікті қоятын жер, лақат.* **Қабырғасы жабық.** *Семіз, жалы берік.*

**ҚАБЫРҒААРАЛЫҚ** с ы н. *Қабырғалар арасындағы.*

**ҚАБЫРҒАЛА=** е т. **1.** *Жағалап жүру, қапталдау.* **2.** *Бір жағына қисаю, жантаю.* **3.** *Үйдің белдеуіне жанасып, көлденеңдеп тұру.*

**ҚАБЫРҒАЛАС** с ы н. *Іргелес, қапталдас, қатарлас.*

**ҚАБЫРҒАЛАС=** е т. *Қапталдасу, жанасу.*

**ҚАБЫРҒАЛАСТЫР=** е т. *Жанастыру, қапталдастыру.*

**ҚАБЫРҒАЛАСТЫРУ** *Қабырғаластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРҒАЛАТ=** е т. с ө й л. *Қабырға тұсынан ұру.*

**ҚАБЫРҒАЛАТУ** *Қабырғалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРҒАЛЫ** с ы н. **1.** *Қабырғасы кең, жазыңқы (аттың сыны).* **2.** а у ы с. *Мықты, күшті, қарулы.*

**Қабырғалы би.** *Беделді, ықпалы күшті, атышулы би.* **Қабырғалы ел [халық].** *Күшті, ауызбірлігі мықты, көп халық.*

**ҚАБЫРҒАЛЫҚ** з а т. **1.** *Қабырға тұсы.* **2.** *Кірпішті қабырғасының сыртқы бетіне өрнектеп қалау әдісі.*

**Қабырғалық материалдар.** қ ұ р. *Үй, ғимарат тұрғызуға қолданылатын құрылыс материалдары.*

**ҚАБЫРҒАТІГІС** з а т. қ о л ө н е р. *Қол инемен көркемдеп тігу әдісінің бір түрі.*

**ҚАБЫРЖУ** *Қабыржы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРЖЫ =** е т. с ө й л. *Абыржу, қобалжу.*

**ҚАБЫРЖЫҚ** з а т. ө с. *Сәндік үшін өсірілетін, бойы аласа мәңгі жасыл бұта.*

**ҚАБЫРЖЫТ=** ет. *Абыржыту, қобалжыту.*

**ҚАБЫРЖЫТУ** *Қабыржыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРЛАС** с ы н. *Дос, туыс, бауыр деген мағынада.*

**ҚАБЫРСТАН** з а т. с ө й л. *Өлген адамдар жерленетін орын, қорым.*

**ҚАБЫРСУ** *Қабырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРСЫ =** е т. *Қабару, ісіну.*

**ҚАБЫРТҚА** з а т. с ө й л. ***Қабырға.***

**ҚАБЫРТҚАЛЫ** с ы н. с ө й л. ***Қабырғалы.***

**ҚАБЫРШАҚ** з а т. **1.** а н а т. <лат. squama> *Балықтардың, бауырымен жорғалаушылардың, құстардың, кейбір сүтқоректілердің бірінің шетін бірі басып, денесін жауып тұратын бөлек-бөлек жұқа қатты қабықша.* **2.** *Ұлудың сыртындағы қорабы.* **3.** *Бір нәрсенің бетіне қатқан жұқа қабаты.* **4.** *Жаңадан қата бастаған, суланып, ери бастаған мұз, қардың бетінде пайда болатын жұқа мұз қатпары.* **5.** м е д. *Мүйізденген органикалық заттан құралған, жараның бетіне қататын жұқа қабықша.*

**Қабыршақ мұз.** а) *Өзендер қата бастаған уақытта пайда болатын жұқа мұз.* ә) *Қардың үстіңгі жұқа қабатының күндіз еріп, ерігең судың түнде қайта қатуынан болатын қар жамылғысының бетіндегі жұқа мұз қабыршағы.* **Қабыршақ түзгіш.** *Сұйық-газ бөлу шекарасында беттік активті заттардан (спирт, қышқыл) немесе қатты дененің бетіне жағылатын заттардан (бояу) тұратын қабат.*

**ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. lepidoptera> *Екі жұп қанаттары болатын, олардың беттерін ұлпа қабыршақ басып жататын көбелектер, жәндіктер класының бір отряды.*

**ҚАБЫРШАҚСЫЗ** с ы н. *Қабыршағы жоқ, қабыршақтанбай.*

**ҚАБЫРШАҚТА=** е т. *Қабығын, қабыршағын аршып тазалау.*

**ҚАБЫРШАҚТАЙ** сын. *Қабыршақ сияқты, жұп-жұқа.*

**ҚАБЫРШАҚТАЛ=** ет. *Қабығы алыну, қабыршаққа айналу.*

**ҚАБЫРШАҚТАЛУ** *Қабыршақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРШАҚТАН=** е т. *Қардың үстіңгі жұқа қабатының күндіз еріп, ерігең судың түнде қайта қатуы, қар жамылғысының бетінде жұқа мұз қабыршағының пайда болуы.*

**ҚАБЫРШАҚТАНУ** *Қабыршақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫРШАҚТАС** з а т. *Ұлутас, теңіз жәндіктерінің бүтін және үгілген қабыршақтарынан түзілген органикалық шөгінді жыныс.*

**ҚАБЫРШАҚТЫ** с ы н. *Қабыршағы бар.*

**Қабыршақты теміреткі.** м е д. <лат. psoriasis> *Орталық жүйке жүйесінің, зат алмасудың т.б. бұзылуынан, алғашқыда аяқ-қолдың терісінде, шаштың түбінде қызғылт түсті бөртпе ретінде пайда болатын, кейін олар үлкейіп, бетін қабыршақтар басатын, кейде бүкіл денеге жайылатын созылмалы, жұқпайтын тері ауруы.*

**ҚАБЫРШАҚТЫҚ**: **қабыршақтық құрылым.** г е о л. *Жапырақ және қабыршақ пішінді минералдардан тұратын сазды жыныстарға тән құрылым.*

**ҚАБЫРШАҚТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. sguamata> *Дене пішіні мүйізді қабыршақтармен жабылған бауырмен жорғалаушылар класының бір отряды.*

**ҚАБЫРШЫҚ**[1] з а т. с ө й л. ***Қабыршақ.***

**Қабыршық мұз.** с ө й л. ***Қабыршақ мұз*** *(жылы ауа райынан кейін немесе жаңбырдан соң күн суыған кезде түзілетін қардағы мұз қыртысы).*

**ҚАБЫРШЫҚ**[2] з а т. ж е р г. *Бидайдың қауызы.*

**ҚАБЫРШЫҚТАН =** е т. сөйл. ***Қабыршақтан.***

**ҚАБЫРШЫҚТАНУ** *Қабыршықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБЫС**[1] **=** е т. **1.** *Ішке қарай майысу, ойық түсу.* **2.** *Екі бүйірі жабысу, ішке тартылу.* **3.** *Екі түрлі нәрсенің бір-бірімен жымдасып бірігуі.* **4.** а у ы с. *Бір жерден шығу; сәйкес келу; пікірлес болу.*

**Қабыса байланысқан сөз тіркесі.** л и н г в. *Сыңарлары бір-бірімен іргелес тұрып, жалғаусыз, орын тәртібі арқылы байланысатын сөз тіркесі.*

**ҚАБЫС**[2] **=** е т. *Көрпе көктесу, қабуға көмектесу.*

**ҚАБЫСТЫР**[1] **=** е т. **1.** *Жанастыру, қосу.* **2.** а у ы с. *Қиюластыру, байланыстыру, түйістіру.*

**ҚАБЫСТЫР**[2] **=** е т. ж е р г. *Отырғызып кету, жер соқтыру.*

**ҚАБЫСТЫРУ** *Қабыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйістіру, біріктіру.* **2.** а у ы с. *Үйлестіру, келістіру.*

**ҚАБЫСУ**[1] з а т. л и н г в. *Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының басыңқы сөзбен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысуы.*

**ҚАБЫСУ**[2] *Қабыс етістігінің қимыл атауы, сәйкес келу, үндесу.*

**ҚАБЫСУШЫЛЫҚ** з а т. *Сәйкес келушілік.*

**ҚАБЫСЫҢҚЫ** с ы н. *Бір-біріне жақын, жабысыңқы.*

**ҚАБІЛЕТ** [ар. قابلية] з а т. **1.** *Адамның бір нәрсеге икемділігі, бейімділік қасиеті.* **2.** *Адамның белгілі бір іске деген дағдылану деңгейі, дарыны.* **3.** п с и х. *Қандай да бір іс-әрекетті орындаудағы тұлғаның өзіндік ерекше икемділік, бейімділік қасиеті.*

**Қабілеті жетті.** *Бейімді болып шықты, икемділік көрсетті.*

**ҚАБІЛЕТСІЗ** с ы н. *Қабілеті жоқ, икемсіз.*

**ҚАБІЛЕТСІЗДЕУ** с ы н. *Қабілеті аздау, икемсіздеу.*

**ҚАБІЛЕТСІЗДІК** з а т. *Қабілеті жоқтық, икемсіздік, бейімсіздік.*

**Қабілетсіздік көрсетті.** *Икемі келмеді, бейімделе алмады, меңгермеді.*

**ҚАБІЛЕТТЕН =** е т. *Қабілеті молаю, қабілеті арту.*

**ҚАБІЛЕТТЕНДІР =** е т. *Қабілетін арттыру, бейімдендіру.*

**ҚАБІЛЕТТЕНУ** *Қабілеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБІЛЕТТІ** с ы н. *Қабілеті бар, икемді, қолынан іс келетін.*

**ҚАБІЛЕТТІК** з а т. с ө й л. ***Қабілеттілік.***

**ҚАБІЛЕТТІЛІК** з а т. **1.** *Икемділік, бейімділік, іскерлік.* **2.** п с и х. *Адамның белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі, осы іс-әрекетті оңай әрі тез орындау мүмкіндігін танытатын, оның басқалардан өзгеше, жеке-дара психикалық ерекшелігі.* **3.** и н ф. <ағыл. ability> *Берілген уақыт аралығында есептеуіш жүйе орындайтын жұмыс көлемінің мөлшері, уақыт бірлігінде есептеуіш жүйемен өңделетін тапсырманың мөлшері.*

**Қабілеттілік тестілері.** п е д. *Жалпы алғанда қайсыбір мақсатқа жетудің әлеуеттік мүмкіндігін өлшеу үшін құрастырылған кез келген тест.*

**ҚАБІР** [ар. قبر] з а т. **1.** *Өлген адамды жерлеу үшін қазылған жер, көр.* **2.** *Зират, мола, өлген адамның басына қойылған тас.* **3.** а у ы с. ***Өлім.*** **4.** ***Қабірхана.***

**Қабірден әрі өтті.** *Жантәсілім етті, о дүниелік болды.* **Қабірдің басы.** *Өлген адамның жерленген орны, зират, мола.* **Қабір құшты.** а) *Өлді, дүние салды.* ә) *Моласын құшақтап, зар жылады, жоқтады.* **Қабірі нұрға толсын!** д і н и. *Қайтыс болған адамның көрі жарық, ақырзаманға дейін көр азабы жоқ болсын деген мағынадағы тілек сөз.*

**ҚАБІРДЕЙ** с ы н. *Қабір тәрізді, қабір сияқты.*

**ҚАБІРКІРПІ** з а т. м и ф. *Қабірде жүретін мақұлық.*

**ҚАБІРЛЕ=** е т. *Өлген адамды жерлеу.*

**ҚАБІРЛЕУ** *Қабірле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАБІРСТАН** зат. *Зират, мола.*
**ҚАБІРСІЗ** сын. *Қабірі жоқ, моласыз.*
**ҚАБІРХАНА** [ар.+ир. قبرخانه ] зат. сәулет. *Әдетте гимарат ішіне орнатылған, өлген адамның мәйіті қойылған жабық бөлме немесе текше тас.*
**ҚАБІРШІ** зат. *Қабір қазушы адам.*
**ҚАҒАБЕРІС** зат. **1.** *Қалтарыс, таса.* **2.** *Шеттеу, бұрылыс, тасалау жер.*
**Қағаберіс естіді.** *Шала, дұрыс емес, қақас естіді.*
**ҚАҒАБЕРІСТЕ** үст. *Сәті түскенде, реті келгенде.*
**ҚАҒАЖАҚ** сын. *Кішкентай, жұқа.*
**ҚАҒАЖАҚТАЙ** сын. *Жұқа, әлжуаз.*
**ҚАҒАЖУ** үст. *Тысқары, сыртта, шетте.*
**Қағажу болды**. *Шеттетілді, сырт қалды.* **Қағажу көрді [тартты].** а) *Тепкі жеді, қиыншылық көрді.* ә) *Шеттетілді, сырт қалдырылды.* б) *Бетінен қақты, еркіне жібермеді.*
**ҚАҒАЖУЛА[1]=** ет. *Шеттету, шетқақпайлау.*
**ҚАҒАЖУЛА[2]=** ет. *Қажалап талшық ету, талғажаулау.*
**ҚАҒАЖУЛАН =** ет. *Шеттетілу, бөлектену, шетқақпайлану.*
**ҚАҒАЖУЛАУ[1]** сын. *Сырттау, оңашалау, бөлектеу.*
**Қағажулау ұстады.** *Қинаңқырады, қақпайлады.*
**ҚАҒАЖУЛАУ[2]** *Қағажула етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒАЖУСЫЗ** сын. **1.** *Еркін, кедергісіз.* **2.** ауыс. *Артық сөз, өсек-аяңсыз.*
**ҚАҒАЖЫТ=** ет. *Шеткерілету, бөлектету, шеттету.*
**ҚАҒАЖЫТУ** *Қағажыт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒАЗ** зат. **1.** тех. <итал. bambagia> *Өсімдік талшықтарын белгілі бір тәсілмен өңдеу, бір-бірімен ұйыстыра байланыстыру арқылы жұқа парақ түрінде жасалатын материал.* **2.** *Әдетте ақ түсті парақ, дәптер, кітапша т.б. түрінде болатын, жазу жазуға, өрнек, сурет т.б. салуға арналған жұқа зат.* **3.** ауыс. *Арыз, шағым.* **4.** ауыс. *Белгілі бір мекеменің мөр басқан анықтамасы т.б. құжат.* **5.** ауыс. *Жазу, жазба мұра, тарихта қалған дүние.*
**Қағаз ақша.** а) *Қағаздан жасалған ақша.* ә) экон. *Атаулы құны бар ақша белгілері, яғни айналыста толымды ақшаны алмастыратын құн белгілері.* **Қағаз алды.** жерг. *Хат алды.* **Қағаз беретін құрылғы.** тех. <ағыл. paper feeder> *Баспа құрылғысына кезең-кезеңімен немесе үздіксіз қағаз беріп отыратын басу мәшинесінің негізгі бөліктерінің бірі.* **Қағаз бетіне түсіру.** *Жазу, тарихта сақталып қалатындай жазып тіркеп қою.* **Қағаз бетіне түсірілу.** *Жинақталып жариялану, кітап болып басылып шығу.* **Қағаз білді.** сөйл. *Сауатты болды.* **Қағаз жоқ.** инф. <ағыл. paper end> *Принтерде қағаздың таусылғандығын хабарлайтын белгі.* **Қағаз жүзінде.** *Қағазға жазып түсірілген түрде, жазбаша.* **Қағаз шай.** *Үнтақталып қағаз қорапқа салынған шай.*
**Қағазға көмілді.** *Қағазбасты болды.*
**ҚАҒАЗБАСТЫ** сын. *Қағазбен жұмыс істейтін, қолы босамайтын.*
**ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Әртүрлі қатынас қағаздары мен қаулы-қарарлардың көптігі.* **2.** жағымсыз. *Іске нақты іскерлік түрғыдан басшылық жасаудың орнына нұсқаулармен, қағаз жүзіндегі бос әурешілікті көбейтумен жұмыс істеу стилі.*
**ҚАҒАЗДА=** ет. **1.** *Белгілі бір азаматтық іс-әрекетті заңды түрде жүзеге асыру үшін қағаз жүзінде бекітіп хаттау.* **2.** *Біреудің жасаған қылмысты ісін актілеу.*
**ҚАҒАЗДАЙ** сын. **1.** *Қағаз тәрізді аппақ.* **2.** *Қағаз тәрізді жұқа.*
**ҚАҒАЗДАС =** ет. **1.** *Өштескен адамымен жоғарғы орындарға арыз жазу арқылы айтысу.* **2.** *Істеген істерді не алған заттарды құжаттастыру, заңдастыру.*
**ҚАҒАЗДАСУ** *Қағаздас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒАЗДАТ=** ет. *Қағазға түсірту, заңдастыру, куәландыру.*
**ҚАҒАЗДАТУ** *Қағаздат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒАЗДАУ** *Қағазда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒАЗКЕСКІШ** зат. тех. *Қағаз және полиграфия өнеркәсібінде қағаз кесу үшін қолданылатын мәшине.*
**Қағазкескіш мәшине.** зат. тех. ***Қағазкескіш.***
**ҚАҒАЗ-ҚАЛАМ** зат. *Қағаз бен қалам сияқты жазу құралдары.*
**ҚАҒАЗ-ҚАРЫНДАШ** зат. *Қағаз бен қарындаш сияқты жазу-сызу құралдары.*
**ҚАҒАЗҚҰМАР** сын. *Жазуға әуес.*
**ҚАҒАЗҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Әртүрлі қатынас қағаздары мен қаулы-қарар жазумен, бюрократияшылдықпен әуестенушілік.*
**ҚАҒАЗ-МАҒАЗ** зат. сөйл. жақтырмау. *Қағаз және сол тәрізді жазу-сызу құралдары.* –
**ҚАҒАЗМӘШИНЕ** зат. тех. *Қағаз және қағаз массасынан картондар алуға арналған үздіксіз әрекетті, көп секциялы агрегат.*
**ҚАҒАЗПАЗ** сын. *Қағазға әуес, қағазқұмар, қағазбасты.*
**ҚАҒАЗСЫЗ** сын. **1.** *Жазатын қағазы жоқ.* // *Қағазға жазып алмай, ауызша.* **2.** ауыс. *Құжатсыз, куәліксіз.*
**Қағазсыз кеңсе.** инф. < ағыл. paperless office> *Мәліметтер тек қана дискілерде немесе жадта сақталатын кеңсе.* **Қағазсыз бағдарламалау.** инф. < ағыл. paperless programming> *Интерактивті режімде, пернетақта мен дисплей экранын пайдаланып жүзеге асырылатын бағдарламалау.* **Қағазсыз технология.** инф. <ағыл. paperless technology> *Компьютерде мәселелерді шешудің бағдарламаларды стандартты бланкілерге жазуды талап етпейтін технологиялық процесі.*
**ҚАҒАЗТЕСКІШ** зат. тех. *Қағаз тесетін құрал.*
**ҚАҒАЗШЫЛ** сын. *Не болса соны дәлелдеуге қағаз талап ететін, қағазқұмар.*
**ҚАҒАЗША** үст. *Қағаз тәрізді, қағазға ұқсап.*
**ҚАҒАН[1]** зат. тар. *Ертедегі түркі тайпалық одақтары, мемлекеттері басшысының титулы, хан.*
**ҚАҒАНА** зат. сөйл. ***Қағанақ.***
**ҚАҒАНАҚ** зат. **1.** *Малдың іштегі төлін орап тұратын, жұқаша қабық.* **2.** <грек. amnion> *Эмбриональдық даму кезеңінде ұрықты қаптап жататын сулы қабық.* **3.** жерг. *Қолшамның шынысы.* **4.** ауыс. *Ашушаң, бұрқ етпе, шырт етпе.*
**Қағанағы қарқ болды.** *Кенелді, молшылыққа батты.* **Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ.** *Мәзмейрам, уайым-қайғысы жоқ.* **Қағанағынан қағынған.** *Тумай жатып бұзылған.* **Қағанағын жуды.** *Босандырды, тудырып алды.* **Қағанағын қақ жарып шыққан.** *Іштен шыққан, өзі туған.* **Қағанағы тарс [қақ] айырылды [жарылды].** *Қатты ашуланды, тулданды, жарылып кете жаздады.* **Қағанақ жарды.** *Туды, жарыққа шықты.* **Қағанақ көйлегін сыпырды**. *Төлдетті, қоздатты, тудырды.* **Қағанақ суы.** анат. *Қағанақ ішінде ұрықты қоршап жататын сұйық.*
**ҚАҒАНАҚСЫЗДАР** зат. зоол. <лат. anamnia> *Ұрығында қағанағы болмайтын төменгі сатыдағы омыртқалы жануарлар.*
**ҚАҒАНАҚТАЙ** сын. *Қағанақ сияқты, қағанақ тәрізді.*
**ҚАҒАНАҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. amniota> *Дамуының алғашқы кезінде ұрық қабықшасы – қағанағы болатын ең жоғарғы даму сатысында тұрған омыртқалы жануарлар.*
**ҚАҒАНАТ** зат. тар. көне. *Ертедегі түркі тайпалық одақтарының басқарушысы, билеушісі қаған болып табылатын мемлекеті.*
**ҚАҒАС[1]** үст. *Шет, аулақ, тыс.*
**Қағас етті [қылды].** а) *Шет қалдырды, аулақтатты, құтқарды.* ә) *Қабылдамады, қабыл етпеді.*
**ҚАҒАС[2]** үст. жерг. *Жаңылыс, қағыс.*
**ҚАҒА-СОҒА** үст. *Еш нәрсеге қарамай, баса-көктеп, ентелей.*
**ҚАҒАСТАУ** сын. *Көзге онша түсе бермейтін шеттеу, оңашалау, тасалау.*
**ҚАҒБА** [ар. الكعبة] зат. діни. *Алла тағаланың құдіреттілігінің белгісі ретіндегі адамдарға жіберілген қара тас қондырылған мұсылмандардың Меккедегі қасиетті орны [әл-Қағба – Меккенің бас мешіті әл-Маджид әл-Харамның ортасында орналасқан, биіктігі 15 м, табан ауданы 12х10м тастан салынған гимарат. Қағба бүкіл мұсылмандар намазын қаратып оқитын құбыла әрі жыл сайын қажылық жасаудың қасиетті зиярат орны].*
**ҚАҒИДА** [ар. قاعدة] зат. **1.** *Қалыптасқан заңдылық, белгілі ұстаным, ереже.* **2.** діни. *Діни ережелер, заңнамалар, әдеп бекіткен, соларда белгіленген ұстанымдар, тәртіп.* **3.** ғыл. <лат. principium> *Дүниені тану мен өзгерту процесінде немесе өнер мен ғылымның белгілі бағытын бірізге салуға қызмет ететін, олардың жиынтығының түп негізі ретінде көрінетін ғылыми танымның ерекшелік нысаны.* **4.** ауыс. *Әдет-ғұрып, ахлақ әдебі т.б.*
**ҚАҒИДАЛА=** ет. *Түйіндеу, қорытындылау, белгілі бір ережелер, ұстанымдар шығару.*
**ҚАҒИДАЛАУ** *Қағидала етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒИДАЛЫ** сын. **1.** *Белгілі ұстаным, заңдылыққа сүйенген.* **2.** ауыс. *Әдет-ғұрпы, әдебі белгілі.*
**ҚАҒИДАЛЫҚ** сын. **1.** *Қағидаға тән, қағидаға қатысты.* **2.** *Қағидаға, ережеге айналған.*
**ҚАҒИДАТ** зат. **1.** діни. *Діни ереже, қалыптасқан тәртіп, заң.* **2.** *Қағида, ұстаным, принцип.*
**ҚАҒУ[1]** зат. миф. *Бір нәрсенің кесірінен болған аурудан айықтыру үшін қолданылған наным-сенімдік қимыл ишараты.*
**ҚАҒУ[2]** зат. жерг. *Қақпатас ойыны.*
**ҚАҒУ[3]** сын. *Салқын, желді.*
**ҚАҒУ[4]** *Қақ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Енгізу, кіргізу.* **2.** аңш. *Аулау, алу.*
**Қағу көрмеді.** *Беті қайтпады, еркін өсті.*
**ҚАҒУЛАУ** сын. *Салқындау.*
**ҚАҒУСЫЗ** сын. **1.** *Шектеусіз, ағылып-төгілген, ен, мол.* **2.** *Емін-еркін, тежеусіз, ерке, қайтару көрмей.* **3.** *Бетімен кеткен, есірген, артық кеткен, шектен шыққан.*
**ҚАҒУШЫ** зат. аңш. *Аңды үркітіп, қақпалап аңшының ұстауына оңай болуы үшін айдап шығушы.*
**Қағушы қауырсындар.** зоол. *Құстардың екі қанатының артқы жиектеріне орналасқан ұзын қауырсындар.*
**ҚАҒУЫЛДА=** ет. **1.** аңш. *Қақпайлап, қуып айдау.* **2.** *Тұруға мәжбүр ету, зорлап түрегелту.*
**ҚАҒУЫЛДАУ** *Қағуылда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫЛ=** ет. **1.** *Ұрылу, дыбыс берілу.* **2.** *Ұстатылу, іліну.* **3.** жерг. *Тігілу.* **4.** ауыс. *Құр қалу.* **5.** ауыс. *Шеттетілу, аулақтатылу.*
**ҚАҒЫЛҒА** зат. **1.** жерг. *Киіз үйдің есігі.* **2.** *Қақпа бекітілетін жақтау.*
**ҚАҒЫЛЕЗДЕН =** ет. сөйл. ***Қағілезден.***
**ҚАҒЫЛЕЗДЕНУ** *Қағылезден етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫЛЕЗДЕУ** сын. сөйл. ***Қағілездеу.***
**ҚАҒЫЛЕЗДІК** зат. сөйл. ***Қағілездік.***
**ҚАҒЫЛЖУ** *Қағылжы етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫЛЖЫ =** ет. *Шет, қағыс қалу, шеттеу.*
**ҚАҒЫЛЖЫҢ** сын. жерг. *Басқаға қосылмай шеттеп, бөлектеніп, жеке жайылатын (түйе).*
**Қағылжың бие**. *Көбірек мініліп, тойынбай жүрген бие.*

**ҚАҒЫЛ-ҚАҒЫЛ** зат. *Құрғақ, кепкен жер.*
**ҚАҒЫЛУ** *Қағыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұрылу, соғылу.* **2.** *Тартылу, керілу.*
**ҚАҒЫЛШАҢ** зат. *Қары жоқ немесе жұқалау жер.*
**ҚАҒЫЛЫС=** ет. **1.** *Соқтығысу, қақтығысу.* **2.** *Сығылысып, ығысып орнынан қозғалу.*
**ҚАҒЫЛЫСУ** *Қағылыс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫМ**: **қас қағымда.** *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.*
**ҚАҒЫМДАЙ**: **қас қағымдай**. *Сәл ғана, аз уақыт, азғана.*
**ҚАҒЫМДЫҚ**: **қас қағымдық.** *Лезде бітетін, аз уақыттық.*
**ҚАҒЫН** зат. көне. ***Қаған.***
**ҚАҒЫН=** ет. **1.** *Үстінің шаң-тозаңын кетіру, тазалау.* **2.** ауыс. *Өздігінен біреуге тиісу, ұрыну, соқтығу.* **3.** ауыс. *Әдеттегіден басым түсіп, күшею.* **4.** ауыс. *Бүліну, бұзылу, желігу.*
**Қағынып өлді**. *Есі ауып кетті, алжып кетіп дүние салды.* **Қағынып өлсін**. қарғ. *Қатты ашуланғанда тентіреп алжып өлсін деген мағынадағы қарғыс сөз.*
**ҚАҒЫНҒЫР=** ет. **1.** *Жасы үлкеннің мазасыз бала-шағаға айтатын зілсіз қарғысы.* **2.** *Қатар-құрбылар немесе қайын мен жеңгейлердің арасында айтылатын зілсіз сөз.* **3.** *Бас бермей, асаулық жасаған малға қаратыла айтылатын қарғыс сөз.*
**ҚАҒЫНДЫ** зат. **1.** *Өкпені талауратын қабындыратын ауру.* **2.** *Қағынғыр деген мағынадағы зілсіз атауыш сөз.* **3.** ауыс. *Құдай атқан, оңбаған адам.*
**Қағынды келгір [тигір].** қарғ. *Жетпегір, жаның шыққыр деген мағынадағы қарғыс сөз [қағынды – өкпені талауратып кететін ауру].* **Қағынды келгірледі**. *Жетпегірдің астына алды, қарғады.*
**ҚАҒЫНДЫР=** ет. **1.** *Үдету, асыра сілтеу.* **2.** *Желіктіру, бұзу.*
**ҚАҒЫНДЫРУ** *Қағындыр етістігінің қимыл атауы; бұзу, қоздыру.*
**ҚАҒЫНТ=** ет. **1.** *Күн райын бұздыру.* **2.** *Желіктіру, құтырту.*
**ҚАҒЫНТУ** *Қағынт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫНУ** *Қағын етістігінің қимыл атауы; қағып-сілку.*
**ҚАҒЫП-СОҒУ** *Қағып-соқ етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫП-СОҚ=** ет. **1.** *Бір-бірімен қағысып, соқтығысып қалу.* **2.** *Тазартып, сілкіп жинастыру.* **3.** ауыс. *Ептеп-септеу, қағыстыру.*
**ҚАҒЫП-СІЛКІ=** ет. *Қағып тазарту, реттеу.*
**ҚАҒЫП-СІЛКУ** *Қағып-сілкі етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫР** сын. **1.** *Су тиіп қатып қалған, қаудырлаған.* **2.** ауыс. *Көп жұмсалып әбден арықтаған.*
**ҚАҒЫРДАН** үст. *Аяқ астынан, кенеттен.*
**ҚАҒЫРЛА=** ет. *Шаршап-шалдығу, әбден титығына жету.*
**ҚАҒЫРЛАН =** ет. *Шаршап-шалдығу.*
**ҚАҒЫРЛАНУ** *Қағырлан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫРЛАУ**[1] сын. *Қоңы жоқ, арықтау.*
**ҚАҒЫРЛАУ**[2] *Қағырла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫС**[1] зат. муз. *Ішекті музыкалық аспаптарды тарту кезіндегі белгілі бір тәртіппен жоғарылы-төмен қағу әдісі.*
**ҚАҒЫС**[2] зат. *Өтірік, жалған.*
**Қағыс естіді.** *Анық емес, жаңылыс, басқаша естіді.* **Қағыс сөз.** *Ыңғайсыз, қолайсыз әңгіме.*
**ҚАҒЫС**[3] зат. *Көзден таса, қағаберіс.*
**Қағыс жібермеді [жіберген жоқ].** *Мүлт жібермеді, шашау шығармады.* **Қағыс қалды.** *Шетте, бос, назардан тыс қалды.*
**ҚАҒЫС=** ет. аңш. **1.** *Аң ауласу.* **2.** *Орнынан қозғалып ығысу, сырғу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсеге таласып сөзге келісу, айтысу.* **4.** ауыс. *Соғысу, жекпе-жекке шығу.* **5.** ауыс. *Қан майданға шығып белдесу, қырқысу.* **6.** ауыс. *Ұстасу, төбелесу, таласу.*
**ҚАҒЫСТА=** ет. *Қағып тазалау.*
**ҚАҒЫСТАУ**[1] сын. *Көзден тасалау, қағаберістеу, шеткергі.*
**ҚАҒЫСТАУ**[2] *Қағыста етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫСТЫР=** ет. **1.** *Ары-бері қозғау.* **2.** *Соғыстыру, түйістіру.* **3.** *Қаққылап, соққылау, тінту.* **4.** ауыс. *Есебін табу, ретін келтіру.*
**ҚАҒЫСТЫРУ** *Қағыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ары-бері қозғау.* **2.** ауыс. *Есебін табу, ретін келтіру.*
**ҚАҒЫСТЫРЫП-СОҒЫСТЫР=** ет. **1.** *Қағып-соғу, түйістіріп-тоғыстыру.* **2.** ауыс. *Үзіп-жұлу, ебін табу, реттеу.*
**ҚАҒЫСЫП-ЫҒЫС=** ет. *Орнынан қозғалып жылжу.*
**ҚАҒЫСУ** *Қағыс етістігінің қимыл атауы; сөз таластыру, айтысу.*
**ҚАҒЫТ =** ет. *Сөзбен шалып кекету, тиісу.*
**ҚАҒЫТҚЫШ** сын. *Қағытып сөйлейтін.*
**ҚАҒЫТПА** зат. **1.** *Сықақ пен әзілі аралас айтылатын қалжың.* **2.** әдеб. *Қарсы пікір айту, сөз қайыру, шығармадағы кейіпкерлердің сұхбаты кезіндегі орнын тауып қарсы айтылатын өткір жауап сөз.*
**ҚАҒЫТПАЛА =** ет. *Қайырып жөнге салып жіберу, реттеу.*
**ҚАҒЫТПАЛАУ** *Қағытпала етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫТПАЛЫ** сын. *Қытығына тиетін, кекесінді.*
**ҚАҒЫТУ** *Қағыт етістігінің қимыл атауы; сөзбен шалып кекету, тиісу.*
**ҚАҒЫТЫЛ =** ет. *Шалыну, қағылып-соғылу.*
**ҚАҒЫТЫЛУ** *Қағытыл етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Қағыта түсіңкіреу, кекетіңкіреу.*
**ҚАҒЫТЫС=** ет. *Сөзбен шалысып, айтысу.*
**ҚАҒЫТЫСУ** *Қағытыс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҒІЛЕЗ** сын. *Ұғымтал, ширақ қозғалатын, әр нәрсеге икемді.*
**ҚАҒІЛЕЗДЕУ** сын. *Ширақтау, икемділеу.*
**ҚАҒІЛЕЗДІК** сын. *Ұғымталдық, ширақтық, икемділік.*
**ҚАДА**[1] зат. **1.** *Бірдемені байлау я ілу, тіреу үшін жерді қазып орнататын діңгек.* **2.** құр. *Ғимараттардың жүктемесін грунтты іргеге беру үшін түгел немесе жартылай жерге қағылған өзекті элемент (бөрене, брус).* **3.** сушар. *Табиғи су көздерінде (көл, бөген, өзен, канал) су деңгейін өлшеуге арналған жабдық.* **4.** жерг. *Арбаның төрт бұрышындағы қазығы.*
**Қада [қазық] қақтыру.** Салынбақшы үйдің, құрылыстың орны ретінде белгі салғызу.
**ҚАДА**[2] [ар. قضاء ] зат. діни. *Мұсылман әдебиетінде әлемде болып жатқан құбылыстардың, оның ішінде адамдардың іс-әрекетін түсіндіретін сөз.*
**ҚАДА=** ет. **1.** *Бір нәрсені жерге кіргізу, орнату, енгізу.* **2.** *Бір нәрсені ілу, тағу.* **3.** ауыс. *Қажырлы еңбегі, көрсеткен ерлігі үшін медаль, орден беріп марапаттау.*
**Қадап айтты.** *Қайта-қайта қадағалап, нығарлап, дәлдеп түсіндірді.*
**ҚАДАБЕЛГІ** зат. кен. *Жер топырағында, негізгі тауқыныстарда, құрылыстарда немесе кен қазбаларында олардың жылжуын бақылау үшін қойылатын белгіленген нүктелі белгі.*
**ҚАДАҒАЛА =** ет. *Белгілі бір істің орындалу барысын мұқият бақылау, тәптіштеп тексеру.*
**Қадағалайтын жүйе.** инф. <ағыл. watching system> *Шығыстық сигнал кері байланыстың көмегімен белгілі бір дәлдікпен алдын ала белгісіз заң мен еркін өзгеретін кірістік басқару әсерін жаңғыртатын автоматты басқару жүйесі.*
**ҚАДАҒАЛАН=** ет. *Істің барысының бақыланып тексерілуі.*
**ҚАДАҒАЛАНУ** *Қадағалан етістігінің қимыл атауы; бақылану, тексерілу.*
**ҚАДАҒАЛАС=** ет. *Істің барысын бақыласу, тексерісу.*
**ҚАДАҒАЛАСУ** *Қадағалас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАҒАЛАТ=** ет. *Істің орындалу барысын бақылату, тексерту.*
**ҚАДАҒАЛАТУ** *Қадағалат етістігінің қимыл атауы; бақылату, тексерту.*
**ҚАДАҒАЛАТТЫР =** ет. *Бақылаттыру, тексерттіру.*
**ҚАДАҒАЛАТТЫРУ** *Қадағалаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАҒАЛАУ** *Қадағала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір істің орындалу барысын бақылау, тексеру.* **2.** заң. *Мемлекеттік органдардың заңдылықты қамтамасыз ету және жоғары тұрған орталық атқарушы органдар шығарған актілерді орындау жөніндегі қызмет нысанасының бірі.*
**Қадағалау жүйесі.** тех. *Шығу шамасы, кері байланыс арқылы өзгеру сипаты алдын ала белгісіз болатын кіру шамасын белгілі бір дәлдікпен пен қайталап отыратын автоматты басқару жүйесі.* **Қадағалау инстанциясының соты.** заң. *Заңдық күшіне енген шешімдерге, үкімдерге, ұйғарымдарға, қаулыларға жасалған қарсылық бойынша іс қараушы сот.*
**ҚАДАҒАЛАУШЫ** зат. *Істің барысын тексеріп отыратын бақылаушы.*
**ҚАДАҒАНДАП** үст. *Бірлі-жарымдап, жекелеп-даралап.*
**ҚАДАҒАНДАЙ** үст. *Бірлі-жарымдай, жекелей, даралай.*
**ҚАДАҒАШЫ** зат. сөйл. *Қадағалаушы, бақылаушы.*
**ҚАДАҒЫШТА =** ет. *Қадап-қадап алу.*
**ҚАДАҒЫШТАУ** *Қадағышта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАДАЙ** сын. *Қада сияқты, ірі, үлкен.*
**ҚАДАҚ**[1] зат. **1.** этн. *Екі жүз грамға тең болатындай халықтық салмақ өлшемі.* **2.** ауыс. *Салмақ, ауырлық.*
**Қадақ тас.** жерг. *Таразының тасы.*
**ҚАДАҚ**[2] зат. жерг. *Арба дөңгелегінің шабағы.*
**ҚАДАҚ**[3] зат. *Қатты салқын тигендіктен өкпенің қабынып ауруы.*
**ҚАДАҚ-ҚАДАҚ** сын. *Жеке-дара, бөлек-бөлек, сирек.*
**ҚАДАҚ-ҚҰДАҚ** сын. *Аз-аз, сирек-селдір.*
**ҚАДАҚТА=** ет. *Қадақпен өлшеу, мөлшерлеу.*
**ҚАДАҚТАЙ** сын. *Қадақ сияқты кішкентай, аз.*
**ҚАДАҚТАП** үст. *Аз-аздап, шамалап.*
**ҚАДАҚТАУ** *Қадақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАҚТЫҚ** сын. *Қадақ боларлық, қадаққа тең.*
**ҚАДАЛ=** ет. **1.** *Кіру, шаншылу, сұғылу.* **2.** ауыс. *Көзін алмай тесіле қарау, телміру, сұқтану.* **3.** ауыс. *Тамсану, қызығу.*
**Қадалған жерден [қадалғаннан] қан алды.** *Істетем дегенін, айтқан нәрсесін, орындатам дегенін кенеше жабысып, істетпей қоймады, қалай да орындатты.* **Қадалып қарады.** *Сұқтана қарады, көзін алмай тік қарады.* **Қадалып сұрады.** *Өтініп, қиыла сұрады.*
**ҚАДАЛА=** ет. *Қада қағу.*
**ҚАДАЛҒЫЗ =** ет. *Көз алмай, тесіле қаратқызу, телміртү.*
**ҚАДАЛҒЫЗУ** *Қадалғыз етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАЛДЫР=** ет. *Тіреу, мұрнын тыққызу.*
**ҚАДАЛДЫРУ** *Қадалдыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАЛТ=** ет. **1.** *Кіргізу, шаншылту.* **2.** ауыс. *Тесіле қарату, телмірту.*
**ҚАДАЛТУ** *Қадалт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАДАЛУ** *Қадал етістігінің қимыл атауы; көз алмай тесіле қарау, телміру.*

**ҚАДАЛЫҚ** з а т. м а ш и н а ж а с а у. *Құрамалардың қосақталатын (әдетте, жазықтың бойынша) ажырама бөліктерін центрлеу, бағыттау үшін қолданылатын, ұшы конус бітімдес цилиндр тәрізді тегіс өзек.*

**ҚАДАЛЫҢҚЫРА=** е т. *Көз алмай тесіле қарай түсу.*

**ҚАДАЛЫС=** е т. *Бір-біріне тесіле қарасу, бір-бірінен көз айырмау.*

**ҚАДАЛЫСУ** *Қадалыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДАМ** [ар. قدم] з а т. **1.** *Адамның жүру кезіндегі екі аяқтың ара қашықтығы, адым.* **2.** а у ы с. *Іс-әрекет, шешім.* **3.** а у ы с. *Әлдененің дамуы, қозғалысы (ілгері қарай), алға жылжу, жетілу; даму баспалдағы, сатысы.*

**Қадам баспады**. *Бас сұқпады, кірмеді, мүлде келмей қойды, ат ізін суытты.* **Қадам басты**. а) *Адымдап жүрді, аттады.* ә) *Іске кірісті, қолға алды.* б) *Талаптанды, ниет қылды.* **Қадам бастырмады**. *Аяқ аттауға мүмкіндік бермеді.* **Қадамды қайта бастау.** и н ф. <ағыл. step restart> *Автоматты түрде немесе кідіріспен орындалатын тапсырма қадамын қайтадан орындау.* **Қадамды қайталау.** и н ф. <ағыл. step restart> *Тапсырма қадамын қайталап орындау.* **Қадамы апшыған.** *Араны ашылған деген мағынада.* **Қадамы қабыл болды.** *Жолы болып, тілегі орындалды.* **Қадамы құтты болды.** *Жолы болды, келісі қуаныш әкелді, мақсат-мұратына жетті.* **Қадамын қатарына қарай созды.** *Шамасына қарай тірлік істеді; өзгелерге қарап (бой) ой түзеді; көрпесіне қарай көсілді.* **Қадамын санап басты.** *Бәлсінді, әлдеқандай болды.* **Қадамыңа гүл бітсін [нұр жаусын].** а л ғ ы с. *Ісің сәтті болсын, бақытқа жет.* **Қадамың қайырлы болсын.** *Біреу бір жақтан келгенде, не бір жаққа аттанғанда, не бір істі бастағанда айтылатын ізгі тілек.* **Қадамың құтты болсын**. т і л е к. *Ісің сәтті басталсын, келуің бақыт әкелсін деген мағынада.* **Қадамы тайды**. *Мерт болды, өлді; сәтсіздікке ұшырады.* **Қадамы түзелді.** *Шаруасы оңға басып, ісі оңғарылды.* **Қадамы ұлғайды**. *Өрісі кеңейді, өресі өсті.*

**ҚАДАМДА =** е т. *Аяқты кере басу, адымдау.*

**ҚАДАМДАЙ** с ы н. *Қадам сияқты, адым шамасындай.*

**ҚАДАМДАУ** *Қадамда етістігінің қимыл атауы; аяқты кере басып жүру, адымдау.*

**ҚАДАМДЫ** с ы н. *Ісі өрге басқан, талапты. //Талапты адам.*

**ҚАДАҢДА=** ет. *Қаздаң қағу, қаздаң-қаздаң етіп жүру.*

**ҚАДАҢДАТ =** е т. *Қадаң-қадаң еткізу, қаздаң қақтыру.*

**ҚАДАҢДАТУ** *Қадаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДАҢДАУ** *Қадаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДАР** [ар. قدر ] з а т. **1.** *Адамның қолынан келетін мүмкіндік.* **2.** *Белгілі бір мөлшер, шама.*

**ҚАДАР** с ы н. е с к і к і т. *Кішкентай ғана.*

**ҚАДАРИ** з а т. е с к і к і т. *Сан, мөлшер; шама,долбар.*

**ҚАДАРИҚОЛ** ү с т. ж е р г. *Әдейі, арнайы.*

**ҚАДАРИХАЛ** ү с т. е с к і к і т. *Қолдан келгенше, мүмкіндігінше, шамасынша.*

**ҚАДАРИ-ХАЛІНШЕ** ү с т. *Шамасы келгенше, мүмкіншілігіне қарай.*

**ҚАДАРЛЫ** с ы н. *Сол мөлшерде, соған жете қабат, сондай.*

**ҚАДАРЫНША** ү с т. *Бар мүмкіндігінше, шамасынша.*

**ҚАДАС =** е т. *Бір-бірінен көз айырмай қарау, қадалысу.*

**ҚАДАСУ** *Қадас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДАТ=** е т. **1.** *Тақтыру, ілгізу.* **2.** а у ы с. *Марапаттату, мадақтату; еңбегі не ерлігі үшін құрмет белгісін беру.*

**ҚАДАТУ** *Қадат етістігінің қимыл атауы; тақтыру, ілдіру; жерге қақтыру.*

**ҚАДАУ**[1] з а т. **1.** *Темір не ағаш тесетін ұшкір құрал.* **2.** *Тіреуіш.*

**ҚАДАУ**[2] с ы н. *Сирек, селдір.*

**ҚАДАУ**[3] *Қада етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қаданы жерге қағу.* **2.** *Тағу, ілу.* **3.** *Сұғу, шаншу, ату.* **4.** а у ы с. *Марапаттау, құрмет белгісін (орден, медаль) алу.*

**ҚАДАУБАС** з а т. к ә с. **1.** *Шеберлердің темір тесетін құралы.* **2.** қ о л ө н е р. *Темірдің бетіне түрлі өрнек салуға арналған құрал.*

**ҚАДАУДАЙ** с ы н. *Қадау сияқты, ұзын, салалы.*

**ҚАДАУ-ҚАДАУ** с ы н. **1.** *Қалың, жиі емес, әр жерде біреу, сирек.* **2.** *Үлкен, ірі, зор.* **3.** а у ы с. *Күрделі, маңызды.*

**ҚАДАУША** з а т. *Көп қабатты тұрғын үйлерде болатын жуыну бөлмесіндегі ұзын труба.*

**ҚАДАУШАБЫР** с ы н. *Жұтаң.*

**ҚАДАХ** з а т. е с к і к і т. *Стакан, бокал, рюмка.*

**ҚАДӘРЛІ** с ы н. е с к і к і т. *Шамалас, дәрежелі.*

**ҚАДЕ** з а т. с ө й л. ***Кәде.***

**Кадеге жарады [асты].** *Іске асты, пайдалануға жарады.*

**ҚАДЕ-ҚАУМЕТ** з а т. с ө й л. ***Кәде-қаумет.***

**ҚАДЕЛЕ =** е т. с ө й л. ***Кәделе.***

**ҚАДЕЛІ** с ы н. с ө й л. ***Кәделі*** *(қымбат, бағалы).*

**ҚАДЕТ** з а т. е с к і к і т. ***Әдет.***

**ҚАДЕТТЕН=** е т. е с к і к і т. ***Әдеттен.***

**ҚАДЖАРИ** ү с т. *Қажарлар әдісімен, қажарлар стилін қолданып.*

**ҚАДИ** з а т. д і н и. *Әкімнің билігімен тағайындалатын, шариғат қағидаларының негізінде үкім шығаратын мұсылман қауымның діни төрешісі, әділ қазысы.*

**ҚАДИМ** [ар. قديم ] с ы н. е с к і к і т. *Ежелгі, ескі.*

**Қадим мектеп.** д і н и. *Ислам насихатшыларын ғана даярлауға бағытталған, оқу араб, парсы тілдерінде жүретін мектептер мен медреселер.*

**ҚАДИМИ** [ир. قديمى]: **қадими [қадим] мектеп.** д і н и. ***Кадим мектеп.***

**ҚАДИМШІЛДІК** з а т. т а р. *XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде мұсылмандар арасындағы ескі білім беру жүйесін қолдаушылар бағыты.*

**ҚАДИС** [ар. حديث] з а т. д і н и. ***Хадис*** *(Мұхаммед пайғамбардың сөзі).*

**ҚАДИСА** з а т. е с к і к і т. **1.** *Сыр.* **2.** *Кездейсоқ болған оқиға.*

**ҚАДИС-АЯТ** з а т. д і н и. ***Хадис-аят*** *(Мұхаммед пайғамбар мен Құранның сөзі).*

**ҚАДИТ** з а т. е с к і к і т. *Әдет.*

**ҚАДЫМ**[1] з а т. с ө й л. ***Қадам.***

**ҚАДЫМ**[2] с ы н. с ө й л. ***Қадім.***

**Қадым заман.** *Баяғы, ертедегі уақыт, өткен дәуір.*

**ҚАДЫМИ** с ы н. *Қадімге негізделген.*

**ҚАДЫМША** ү с т. с ө й л. ***Қадімше.***

**ҚАДЫМШЫ** з а т. *Моншада су таситын және моншаға түсушілерге қызмет көрсететін адам.*

**ҚАДЫМШЫЛ** с ы н. с ө й л. *Қадімді жақтаушы, сол бағытты ұстанушы.*

**ҚАДЫР** з а т. с ө й л. ***Қадір.***

**Қадырын білді.** *Бағалады, құрметтеді.*

**ҚАДЫРДАН** с ы н. е с к і к і т. ***Қадірдан.***

**ҚАДЫРМАНДЫ** с ы н. е с к і к і т. ***Қадірменді.***

**ҚАДІ** [ар. حد] з а т. ж е р г. *Әлі, халі.*

**ҚАДІМ** [ар. قديم] с ы н. *Ежелгі, арғы, бұрынғы, өткен, ертедегі, көне.*

**Қадім жазуы**. *Көне араб жазуы.* **Қадім оқуы.** *Көне араб тілінде білім беру.*

**ҚАДІМШЕ** ү с т. *Ескіше, көне арабша.*

**ҚАДІР** [ар. قدر] з а т. **1.** *Сый, құрмет, бедел, баға; қасиет.* **2.** *Құдіретті; күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.*

**Қадір Алла.** *Алла Тағаланың эпитеті.* **Қадір білмес қарындас.** *Туыс адамдардың бір-бірін бағаламауы, сыйластықтан кетіп ұрыс-таласқа жол беруі (күншілдікке ұрынуы).* **Қадір Жаппар.** д і н и. *Алла тағаланың 99 есімінің бірі.* **Қадірдің жүзі шашылды.** *Беделі түсті, абыройсыздыққа ұшырады.* **Қадір тұтты.** *Қадірледі, қастерледі, құрметтеді.* **Қадір түні.** д і н и. *Рамазан айының 27-де Мұхаммед пайғамбарға көктен Құран Кәрім аяттары түскен қасиетті түн [Бұл түнде Алла тағала адамдардың біржылдық тағдырын белгілейді деп есептеген, Құран бойынша мың айдан да қымбат бұл түнді мұсылмандар Алла тағалаға ғибадат етумен көз ілмей өткізеді].* **Қадір түніндей күтті.** *Бір нәрсені (біреуді) асыға күтті, зарыға тосты.* **Қадір түнін күтті [күзетті].** *Қадір түнін ұйықтамай, көз ілмей өткізді.* **Қадірі артты [асты].** *Абырой-атағы өрледі, беделі өсті.* **Қадірі бар.** *Қадірлі, сыйлы, беделді.* **Қадірі жоқ.** *Сыйсыз, беделі жоқ.* **Қадірі кетті.** *Абыройдан айырылды, беделі түсті; құны қалмады.* **Қадірі [не қадір қалмақ] қалмады.** *Қадірі кетті, қасиетінен айырылды.* **Қадірі қашты.** *Қадірі кетті, сый-құрметінен айырылды.* **Қадірін арттырды.** *Сый-құрметі өсті, молайды; бедел-мерейі өсті.* **Қадірін білді [түсінді].** *Қадір-қасиетін түсінді, бағалай алды.* **Қадіріне жетті.** *Қастерледі, қадірледі; құрметтеді, сыйлады; бағалай білді.* **Қадірін жойды.** *Қадір-қасиетінен айырылды, қадірін кетірді, қадірсізденді.* **Қадірін кетірді [түсірді].** с ы н. е с к і к і т. *Абыройынан айырылды, беделі қалмады.* **Қадірін сауында білді.** *Тіршілігінде бағалады, көзі тірісінде сыйласты.* **Қадірі өтті.** *Әбден зарықтырды, орны бөлек болып, жоқтығы білініп тұрды.* **Қадірі түсті.** *Қадір-қасиетінен айырылды, беделі қалмады; бағасы түсті.*

**ҚАДІРДАН** [ар. +ир. قدردان] с ы н. е с к і к і т. *Қадірлі, құрметті, сыйлы; қадірменді.*

**ҚАДІРДЕН** с ы н. с ө й л. ***Қадірдан.***

**ҚАДІР-ҚАСИЕТ** з а т. *Сый-құрмет, абырой -атақ; бедел, баға.*

**ҚАДІР-ҚҰРМЕТ** з а т. *Ықылас-ынта, сый-сияпат.*

**Қадір-құрметке бөленді [ие болды].** *Елдің, халықтың сый-құрметіне кенелді, сүйіктісі болды.* **Қадір-құрмет көрсетті.** *Ардақтап күтті, сыйлады, құрметтеді.* **Қадір-құрмет тұтты.** *Қадірледі, қастерледі, құрметтеді.*

**ҚАДІРЛЕ =** е т. *Қастерлеу, сыйлау, құрметтеу; қадір тұту.*

**ҚАДІРЛЕН =** е т. *Құрметтелу, қадір тұтылу, сый-құрметке ие болу.*

**ҚАДІРЛЕНУ** *Қадірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДІРЛЕНУШІ** з а т. *Құрметтелуші, қастерленуші адам.*

**ҚАДІРЛЕП-ҚАСТЕРЛЕ =** е т. *Сыйлау, құрметтеу, қасиеттеу.*

**ҚАДІРЛЕП-ҚАСТЕРЛЕУ** *Қадірлеп-қастерле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДІРЛЕС** с ы н. *Бірін-бірі қадірлейтін, сыйлас. // Дос-жаран, жора-жолдас, қатар-құрбы.*

**ҚАДІРЛЕС =** е т. *Сыйласу, қадір тұтысу, сіз-біздесу.*

**ҚАДІРЛЕСУ** *Қадірлес етістігінің қимыл атауы; сыйласу.*

**ҚАДІРЛЕТ =** е т. *Сыйлату, қадір тұтқызу, құрметтету.*

**ҚАДІРЛЕТУ** *Қадірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДІРЛЕУ** *Қадірле етістігінің қимыл атауы; қастерлеу, бағалау.*

**ҚАДІРЛЕУШІ** зат. *Қадірлейтін, құрметтейтін адам.*

**ҚАДІРЛЕУШІЛІК** з а т. *Құрметтеушілік, сыйлаушылық.*

**ҚАДІРЛІ** с ы н. **1.** *Құрметті, сыйлы; беделді, ардақты (адам).* **2.** *Қадірі бар, құнды, қасиетті, бағалы (зат).*

**ҚАДІРЛІК** з а т. с ө й л. ***Қадірлілік.***

**ҚАДІРЛІЛІК** з а т. *Сыйлылық, құрметтілік, беделділік, бағалылық.*

**ҚАДІРЛІРЕК** с ы н. *Қадірі молдау; сыйлырақ, құрметтірек; құндырақ, қымбаттырақ.*

**ҚАДІРМЕН** [ар.+ир. قدرمند] сын. *Қадірлі, құрметті, сыйлы; қадірдан.*

**ҚАДІРМЕНДІ** сын. *Құрметті, сыйлы, ардақты.*

**ҚАДІРМЕНДІК** зат. сөйл. ***Қадірменділік.***

**ҚАДІРМЕНДІЛІК** зат. *Құрметтілік, сыйлылық, ардақтылық.*

**ҚАДІРСІЗ** сын. *Қадірі жоқ; сыйсыз, құрметсіз.*

**ҚАДІРСІЗДЕН** = ет. *Қадір-қасиетінен айырылу, сыйы кету.*

**ҚАДІРСІЗДЕНУ** *Қадірсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАДІРСІЗДІК** зат. *Қадірі жоқтық.*

**ҚАДІС** ар. зат. діни. ескі кіт. ***Хадис.***

**ҚАЖ** зат. діни. ***Қажылық*** *(Меккеге барып, Құдайға құлшылық ету).*

**ҚАЖА** = ет. **1.** *Қатты заттың сүйкеліп, үйкеп, терісін сыдырып кетуі, тәнді жарақаттауы.* **2.** *Бір нәрсені кеміру, мүжу, қабығын сыдыру.* **3.** ауыс. *Біреудің жанына тие сөйлеу, мазалау; тынышын алу.*

**ҚАЖА** зат. сөйл. ***Қожа*** *(малға байланысты айтылады).*

**ҚАЖАҒЫШ** сын. *Қажай беретін, мыжыма.*

**ҚАЖАЙ-ҚАЖАЙ** үст. *Әбден қажап, көп қажап.*

**ҚАЖАҚ** зат. геол. *Металдардан, тастардан, шынылардан, ағаштардан және т.б. қатты материалдардан жасалған бұйымдарды өңдеу мақсатында пайдаланылатын өте қатты минералдар мен таужыныстардың немесе жасанды заттар жиынтығының жалпылама атауы.*

**ҚАЖАҚ-ҚҰЖАҚ** зат. *Азын-аулақ тіске басар ас-су, мардымсыз азық.*

**Қажақ-құжақ қылды [етті].** а) *Талғажау етті, міce тұтты.* ә) *Керегіне жаратты, пайдаға асырды.*

**ҚАЖАҚТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қажалау, кеміру; талғажау ету.* **2.** ауыс. *Көп сөйлеп біреуді мазалау, мыжу.*

**ҚАЖАҚТАС** = ет. **1.** *Бір нәрсені қажаласу, талғажау етісу.* **2.** *Қажақтап әр нәрсені бір айтып сөйлесу.*

**ҚАЖАҚТАСУ** *Қажақтас етістігінің қимыл атауы; қажақтап, әр нәрсені бір айтып сөйлесу.*

**ҚАЖАҚТАТ=** ет. *Бір нәрсені қажалатып, кемірту, талғажау еткізу.*

**ҚАЖАҚТАТУ** *Қажақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖАҚТАУ** *Қажақта етістігінің қимыл атауы; талғажау ету.*

**ҚАЖАЛ=** ет. *Үйкеліп сыдырылу.*

**ҚАЖАЛА** = ет. *Көп қажау; кеміру, мүжу.*

**ҚАЖАЛАТҚЫЗ** = ет. *Кемірту, мүжіттіру.*

**ҚАЖАЛАУ** *Қажала етістігінің қимыл атауы; кеміру, мүжу.*

**ҚАЖАЛУ** *Қажал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖАЛЫС** зат. *Үйкеліс.*

**ҚАЖАҢ-ҚҰЖАҢ** зат. сөйл. ***Қажақ-құжақ.***

**ҚАЖАҢҚЫРА=** ет. *Қажай түсу; мазасын алу.*

**ҚАЖАҢҚЫРАУ** *Қажаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖАР[1]** зат. *Иран Ислам Республикасында тұратын түркі тілдес халық.*

**ҚАЖАР[2]** зат. көне. ескікіт. *Күш-қуат, қайрат-жігер; қажыр.*

**Қажары қайтты.** *Беті қайтты, қарқыны қайтты.* **Қажарын мұқатты**. *Қорлады, меселін қайырды.*

**ҚАЖАРЛЫ** сын. жерг. ***Қажырлы.***

**ҚАЖАРЛЫҚ** сын. *Қажарға тән, қажарға қатысты.*

**ҚАЖАРЫ** зат. қолөнер. *Кілемнің көліне салынатын самаурынгүл тәрізді өрнек.*

**ҚАЖАС=** ет. **1.** *Үйкелісу, соқтығысу.* **2.** ауыс. *Айтысу, сөз таластыру.*

**ҚАЖАСТЫР=** ет. *Үйкелістіру, соқтығыстыру.*

**ҚАЖАСТЫРУ** *Қажастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖАСУ** *Қажас етістігінің қимыл атауы; айтысу, сөз таластыру.*

**ҚАЖАТ** мод. жерг. ***Қажет.***

**ҚАЖАТ=** ет. *Үйкелдіру, сүйкенту.*

**Тақымын қажатты**. *Шаршап-шалдықты, бейнет көрді.*

**ҚАЖАТСЫЗ** сын. сөйл. ***Қажетсіз.***

**ҚАЖАТТЫР** = ет. *Жаралату, терісін сыдырту.*

**ҚАЖАТТЫРУ** *Қажаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖАТУ** *Қажат етістігінің қимыл атауы; мазалау, шаршату, жүйкесін тоздыру.*

**ҚАЖАУ** *Қажа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мүжу, кеміру.* **2.** ауыс. *Тынышын алу, мазалау.*

**ҚАЖАУЛА=** ет. **1.** *Азын-аулақ азық ету, қорек жасау: қажақтау.* **2.** ауыс. *Мазасын алып мыжу, көп сөйлеу*

**ҚАЖАУЛАУ** *Қажаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖЕКЕ** зат. этн. *Қажыны құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚАЖЕТ[1]** зат. жерг. ***Қарыз.***

**Қажет өперді**. *Зәрулігін өтеді, қарызға қаражат тауып берді.* **Қажет берді.** жерг. *Қарыз берді.*

**ҚАЖЕТ[2]** [ар. حاجة] мод. **1.** *Зәрулік, ділгірлік, мұқтаждық.*

**Қажет деп тапты [санады].** *Керек деп білді.* **Қажет етті.** *Керексінді, мұқтажсынды.* **Қажетке [қажетіне] жарады [асты].** *Керекке жұмсалды, пайдаға асты.* **Қажет көрмеді.** *Керексінбеді, қажет деп таппады.* **Қажеті жоқ.** *Керек емес.* **Қажеті қанша [не].** *Керегі шамалы, қажеті жоқ.* **Қажетін ашты.** *Мұқтажын өтеді, керегіне жарады.* **Қажетіне асты [жарады].** *Пайдаға асты, керегіне жарады; мұқтажына жаратты, кәдесіне асырды.* **Қажетіне жұмсады [жаратты, пайдаланды].** *Керегіне жаратты, мұқтажына жұмсады.* **Қажетінен шықты.** *Мұқтажын өтеді, керегіне жарады.* **Қажетін [қажетті] өтеді.** а) *Керек-жарағының орнын толтырды, мұқтаждығын қанағаттандырды, қажетіне жарады.* ә) сөйл. эвф. *Дәретханаға барды, дәретке отырды.* **Қажетін өтеу.** *Мұқтаждығын қамтамасыз ету.* **Қажеті өтеулі.** *Мұқтаждықтары орындалулы, керек-жарағының бәрі бар.* **Қажеті шамалы.** *Зәрулігі жоқ, керек емес.*

**ҚАЖЕТСІЗ** сын. *Керегі жоқ, керексіз; қажет емес.*

**ҚАЖЕТСІЗДЕУ** сын. *Онша керек емес, қажеті шамалылау.*

**ҚАЖЕТСІЗДІК** зат. *Керек еместік, қажеті жоқтық.*

**ҚАЖЕТСІН** = ет. *Қажет ету, керексіну.*

**ҚАЖЕТСІНУ** *Қажетсін етістігінің қимыл атауы; жан-жануарлардың, жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның өмірлік қарекеті мен дамуын қолдау үшін объективтік тұрғыдан қажет дүниелерді керексінуі.*

**ҚАЖЕТСІНУШІЛІК** зат. *Қажет етушілік, керексінушілік.*

**ҚАЖЕТТІ** сын. *Қажеті бар; керекті.*

**Қажетті қорғану** заң. *Қылмыстық құқықта: қорғалатын құқықтық мүдделерге қатер төндіріп, қастандық, озбырлық жасаушыға қарсы күш көрсету, оның озбырлығын тыюға әрекет жасау.*

**ҚАЖЕТТІК** зат. *Керектік, мұқтаждық, зәрулік.*

**ҚАЖЕТТІЛІК** зат. **1.** *Керектілік, қажеті болушылық, мұқтаждылық.* **2.** әлеум. *Жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін объективті түрде керек нәрсерге мұқтаждық; белсенді әрекеттің ішкі қозғаушысы.* **3.** филос. *Құбылыстардың ішкі мәнінен туатын байланысу тұрпаты.*

**ҚАЖЕТТІРЕК** сын. *Қажеті молдау, зәруірек.*

**ҚАЖЕТІНШЕ** үст. *Қанша қажет болса соншa, керегінше.*

**ҚАЖУ[1]** зат. *Шаршағандық, қалжырағандық.*

**Қажу [дегенді] білмеді.** *Шаршамады, шалдықпады, тыным таппады.* **Қажу көрді.** *Қалжырады, қажыды, шаршады.* **Қажып мұжілу.** тех. *Металдың байланыс күшінің қажуы салдарынан болатын жағдай.*

**ҚАЖУ[2]** *Қажы етістігінің қимыл атауы; шаршау, болдыру, діңкелеу, әл-дәрмені кету, қалжырау.*

**ҚАЖУШЫЛЫҚ** зат. *Қажығандық, шаршағандық, шаршап-шалдыққандық.*

**ҚАЖЫ[1]** [ар. حاج] зат. діни. **1.** *Меккеге барып, Құдайға құлшылық етіп, қажы атағын алып қайтқан кісі (мұсылман); әжі.* **2.** ***Қажылық*** *(Құдайға құлшылық ету үшін, қажы атану үшін Меккеге бару ісі).*

**ҚАЖЫ[2]** зат. жерг. *Есік.*

**ҚАЖЫ** = ет. *Шаршау, діңкелеу, қалжырау.*

**ҚАЖЫҒЫШ** сын. *Қажи беретін, шаршап-шалдыққыш.*

**ҚАЖЫҒЫШТЫҚ** зат. *Қажи бергіштік, шаршап-шалдыққыштық.*

**ҚАЖЫЛЫҚ** зат. діни. **1.** *Қажы болушылық, қажы атанушылық.* **2.** *Ислам ай күнтізбесі бойынша, Зулхиджа айында Аллаға құлшылық ету үшін Мекке-Мәдинеге барып орындалатын мұсылмандардың бес парызының бірі.*

**Қажылық құрды.** *Қажылық етті, қажы болды.*

**ҚАЖЫМАЙ-ТАЛМАЙ** үст. *Шаршамай, шалдықпай.*

**ҚАЖЫМАС** сын. *Қайтпас, қайсар; талмас.*

**ҚАЖЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап шаршау, қалжыраңқырау.*

**ҚАЖЫҢҚЫРАУ** *Қажыңқыра етістігінің қимыл атауы; шаршап-шалдығыңқырау, қалжыраңқырау.*

**ҚАЖЫП-ҚАЛЖЫРА** = ет. *Арып-ашу, болдыру, шаршау.*

**ҚАЖЫП-ҚАЛЖЫРАУ** *Қажып-қалжыра етістігінің қимыл атауы; арып-ашу, болдыру, шаршау.*

**ҚАЖЫП-МҰҚАЛ**= ет. *Титығы біту, шаршау; беті қайту.*

**ҚАЖЫП-МҰҚАЛУ** *Қажып-мұқал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖЫП-ТАЛ=** ет. *Қажу, шаршау, титықтау, болдыру.*

**ҚАЖЫП-ТАЛУ** *Қажып-тал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖЫР[1]** зат. *Қайрат, күш, қуат, жігер.*

**ҚАЖЫР[2]** зат. жерг. ***Қашар.***

**ҚАЖЫРАЙ=** ет. *Қажырaю, тыншу.*

**ҚАЖЫРАЮ** *Қажыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЖЫР-ҚАЙРАТ** зат. *Күш-қуат, жігер.*

**ҚАЖЫР-ҚУАТ** зат. *Қажыр-қайрат; күш-жігер.*

**ҚАЖЫРЛАН** = ет. *Қайраттану, жігерлену, күш алу.*

**ҚАЖЫРЛАНУ** *Қажырлан етістігінің қимыл атауы; қайраттану, жігерлену.*

**ҚАЖЫРЛЫ** сын. **1.** *Күш-қуаты мол, қайратты, мықты.* **2.** *Қажымас, қайтпас; табанды, жігерлі.*

**ҚАЖЫРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қажырлылық.***

**ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ** зат. *Жігерлілік, қайраттылық, күш-қуаты молдық.*

**ҚАЖЫРЛЫРАҚ** сын. *Күш-қуаты молдау, қайраттырақ.*

**ҚАЖЫРСЫЗ** сын. *Қайратсыз, қуатсыз; жігерсіз.*

**ҚАЖЫРСЫЗДЫҚ** зат. *Қажыр-қайраты жоқтық, жігерсіздік.*

**ҚАЖЫТ=** ет. *Шаршату, діңкелету, қалжырату.*

**ҚАЖЫТУ** *Қажыт етістігінің қимыл атауы; шаршату, діңкелету.*

**ҚАЗ**[1] зат. *Суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, жабайы және үй құсы.*

**Қаз дауысты.** *Даусы саңқылдап шығатын деген мағынадағы қазақ халқының атақты үш биінің біреуі Қазыбек би есімінің алдынан қайталанып отыратын тұрақты эпитет.* **Қаз кеуде [омырау].** *Шығыңқы, көтеріңкі кеуде (омырау).* **Қаз [аққу] мойын.** а) бейн. *Иіліп келген әдемі, ұзын мойын.* ә) *Ұзындау, сопақша келген.* **Қаз мойынды.** *Иілген, әдемі, ұзын мойынды келген.*

**ҚАЗ**[2]: **қаз басты.** а) *Жас сәби қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басты, жаңадан жүре бастады.* ә) *Жаңадан қатарға қосылды, енді ғана қалыптаса бастады.* **Қаз тұрды.** а) *Сәби алғаш рет аяғынан тұрды.* ә) *Жаңа пайда болды, қалыптаса бастады; өзіне-өзі енді ғана келді.*

**ҚАЗ** = ет. **1.** *Жерді бір нәрсемен ою, қопару; шұқырлау.* **2.** *Түлкі, суыр, қоян, тышқан тәрізді аңдардың ін жасау үшін жерді алдыңғы аяғымен тырмалап үңгуі, қуыстауы.* **3.** *Жерасты байлығын алу, өндіру.* **4.** ауыс. *Арғы-бергіні, өткен-кеткенді тәптіштеп айту, қазбалау.*

**ҚАЗА**[1] [ар. قضاء] зат. **1.** *Өлім-жітім, ажал.* **2.** діни. *Күнделікті оқылатын бес намаздың уақтысымен өтелмей қалуы.* **3.** ауыс. *Құрып кету, жоқ болу.*

**Қаза болды.** *Қайтыс болды, дүниеден қайтты; Өз өлімінен емес, кездейсоқ келген аурудан, оқыс оқиғадан, апаттан жазым болды, өлді.* **Қазаға душар [тап] болды.** *Кісісі өлді, қазалы болды.* **Қазаға ұрынды.** *Өлді, дүниеден қайтты.* **Қазаға ұшырады.** *Қайтыс болды, о дүниеге аттанды.* **Қаза жетті.** *Ажал жетті, өлер шағы келді.* **Қаза жібермеді.** *Бір нәрсеге ылғи уақтысымен қатысып отырды; құр тастамады.* **Қаза қылды.** а) *Бір нәрсені ылғи орындап отырды, қалт жібермеді.* ә) *Жойды, құлатты.* б) жерг. *Өлтірді.* **Қаза намаз.** діни. *Себеппен кешіктіріліп сол күні оқылған намаз.* **Қазаның арты қайырлы болсын.** этн. *Артының қайырын берсін, соңынан жақсылық болсын деген мағынадағы көңіл айту.* **Қаза тапты.** а) *Қайтыс болды, көз жұмды.* ә) *Мерт болды, біреудің қолынан қазаға ұшырады.*

**ҚАЗА**[2] зат. **1.** кәс. *Балық ұстау үшін нар қамыстан қошқар мүйіздендіре кең ғып тоқыған қоршау; шыпта.* **2.** жерг. *Алқа.*

**ҚАЗАБАТ** зат. сөйл. *Ауыр, қиын, азап.*

**ҚАЗАБАТТАЙ** сын. *Қиын, ауыр, азаптай.*

**ҚАЗАҒУАР** сын. сөйл. ***Қазақуар.***

**ҚАЗАҚ**[1] зат. **1.** *Қазақстан Республикасының ежелден келе жатқан түркітілдес негізгі халқы, сол халықтың, елдің өкілі, ұлт. // Қазаққа тән, қазаққа қатысты.* **2.** тар. көне. *Әміршісіне (ханға, бекке т.б.) ренжіп не кінәлі болып, одан алшақтап шетке (өзге хандыққа, өзге жерге) шығып кеткен адам не адамдар тобы (ауыл, туыс, рулы ел).*

**Қазақ арба.** *Жайдақ, үлкен арба.* **Қазақ азуы.** көне. *Қазақ тілі мағынасында.* **Қазақ ауыз әдебиеті.** әдеб. *Қазақ тіліндегі ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.* **Қазақ ауылын кеңестендіру.** тар. совет. *Қазан төңкерісінен кейін қазақ ауылдарында жүргізілген саяси-әлеуметтік шара.* **Қазақ әдебиеттану ғылымы.** әдеб. *Қазақтың ұлттық көркем әдебиетін зерттейтін ғылым.* **Қазақ әдебиеті.** *Қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнері, әдеби қазынасы.* **Қазақ әдеби тілі.** лингв. *Көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым салаларында іс қағаздарында қолданылатын жалпыхалықтық тілдің нормаға түскен нұсқасы.* **Қазақ әліпбиі [алфавиті].** лингв. *Жазуда қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауға арналған әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығы.* **Қазақ балалар фольклоры.** әдеб. *Халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, халық фольклорының арналы салаларының бірі.* **Қазақ баласы.** *Қазақ атаулы, барлық атаулы.* **Қазақ баспасөзі.** *Қазақ тілінде жазылып таратылатын мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы.* **Қазақ биі.** өнер. *Бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттың сахна өнері.* **Қазақ [қазақшылық] ғұрпы.** *Қазақ халқының, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы.* **Қазақ даласы.** а) поэт. *Қазақтардың атамекені, киелі саналатын ата-бабасынан қалған жері.* ә) *Қазақ халқы, жұрты.* **Қазақ даласында.** *Қазақ елінде, жерінде.* **Қазақ [қазақтың] даласындай.** бейн. а) *Жазық, кең, жалпақ, тегіс деген мағынада.* ә) *Ұшы-қиырсыз, байтақ, шетсіз-шексіз деген мағынада.* **Қазақ диаспорасы.** *Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар.* **Қазақ елі.** *Қазақ ұлты, қазақ жері, қазақ мемлекеті.* **Қазақ ертегілері.** әдеб. *Қазақ халқының ауыз әдебиетінің көне жанры, қазақ халқының ертегілері.* **Қазақ ері.** *Қазақы ер.* **Қазақ ешкісі.** малш ар. *Ет, сүт өнімдерін, түбітті мол беретін, ыстық пен суыққа төзімді, дене бітімі ірі ешкі тұқымдарының бірі.* **Қазақ жазуы.** лингв. *Қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.* **Қазақ жері.** *Қазақ халқының тұрғылықты мекені, қонысы.* **Қазақ жолын бұзды.** *Қазақ халқының тұрмысында қалыптасқан ата дәстүрден ауытқыды.* **Қазақ жылқысы.** этн. *Салт міну, жүк тасу, ет пен қымыз өндіру үшін өсірілетін жергілікті тұқым.* **Қазақ күнтізбесі.** этн. *Табиғат құбылыстарын бақылаудан туған, халықтың көпжылдық тәжірибелері қорытылған жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы.* **Қазақ кілемі.** этн. *Қойдың жүнін түрлі-түсті етіп, бояп, иіріп ою-өрнек салып, төрт бұрышты етіп тоқылған ұлттық үй жиһазы.* **Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Ғиссар ауғанда.** тар. *Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада, ерте замандағы ел басына күн туған қиын-қыстауда [XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы кезінде елінен, жерінен ауып, күғын көріп ашыққан «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген қасіретті атпен енген нәубетте, қазақтар қайың қабығын сорған, қырғыздар тәжік тауларын паналап, Ғиссар қаласына қарай ауған].* **Қазақ қолөнері.** этн. *Қолданбалы-безендіру өнерінің дәстүрлі ұлттық саласы.* **Қазақ лақсасы.** өс. <лат. echinops kasakorum> *Күрделігүлділер тұқымдасы, лақса туысына жататын көпжылдық өсімдік.* **Қазақ мектебі.** *Білім беру жүйесін қазақ тілінде оқытатын мектеп.* **Қазақ назары.** *Қазақ ұғымы, салты.* **Қазақ оюы.** этн. қолөнер. *Үй жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер.* **Қазақ сахарасы.** бейн. *Қазақ даласы, қазақтың кең байтақ жатқан жері.* **Қазақ түйесі.** түйешар. *Қосөркешті түйе ішінде қалмақ түйесінен кем түспейтін ірі тұқымы.* **Қазақтың ақбас сиыры.** малшар. *Сиырдың етті тұқымы.* **Қазақтың арқар-мериносы.** ауылшар. *Биязы жүнді қой тұқымы.* **Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары.** этн. *Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың соғыс құралдары мен киім-кешегі.* **Қазақтың қара домалақ баласы [жігіті, ұлы, ері].** экспр. жағымды. *Қарапайым қатардағы қазақтың бірі деген мағынадағы жақын тарту, жаны ашу, масаттану мәніндегі сөзқолданыс.* **Қазақтың қара шобыр ақыны.** поэт. *Өзін өзгеден биік көрсетпейтін қарапайым ақын.* **Қазақ тілі.** лингв. *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар тілдерінің негізінде XIV–XV ғасырларда қалыптасып, біртұтас халықтық тілге айналған, бұл күнде туыстас түркі тілдерінің ішінде ең бай әрі дамыған ұлт тілдерінің бірі; өзінің кейбір жергілікті ерекшеліктеріне қарамастан тұтастығын толық сақтап қалған жалпыхалықтық тіл, қазақ ұлтының жан-жақты дамыған ұлттық тілі; белгілі нормаға түскен, жазу дәстүріне ие, стильдік жүйесі қалыптасқан әдеби тіл; Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.* **Қазақ халқының ұлттық киімдері.** этн. *Шапан, камзол, бешпет, тақия, күпі, кимешек, жаулық, кебіс, мәсі, көйлек, ішік сияқты т.б. жүн, жібек матадан, киізден, аң терісінен тігілген қазақ халқының ою-өрнегі, нақышы салынған киімдері.* **Қазақ ұлты.** *Тілі, діні ортақ қалыптасқан мәдениеті, мемлекеттілігі бар қазақ халқының әлеуметтік бірлестігі.* **Қазақ үй.** жерг. ***Киіз үй.*** **Қазақ халқы.** *Қазақстан жерінде ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан тарихи халық.* **Қазақ шежіресі.** тар. *Тарих ғылымында халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы.* **Қазақ шықты.** көне. а) *Іргелі ұлыстан бөлініп кетті, көбінесе сюзеренiне (әміршісіне) өкпелі, наразы болып бағынбай кетіп қалды, кінәлі болып, бас еркіндігін ойлап қашып кетті.* ә) *Мал іздеп (айдап кету, саяқ жүрген малды иемдену, шабуыл жасап олжалау сияқты) шетке шығып кетті.*

**ҚАЗАҚБАЙ** зат. сөйл. экспр. *Қазақы, қазаққа тәндік.*

**ҚАЗАҚБАЙЛАУ** сын. *Қарапайымдау, жұпынылау.*

**ҚАЗАҚБАЙШАЛА** = ет. *Ескі әдетке салу, қазақы мінез көрсету (ұлттың өзіне-өзі сын көзбен қарап айтқандағысы).*

**ҚАЗАҚБАЙШАЛАУ** *Қазақбайшала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚБАЙШЫЛЫҚ** зат. экспр. сөйл. *Қазаққа тән қасиет, ерекшелік.*

**ҚАЗАҚИ** сын. сөйл. ***Қазақы.***

**ҚАЗАҚНАМАЙ**[1] сын. экспр. сөйл. *Замана игіліктерінен тысқары қалған, жадағай.*

**ҚАЗАҚСТАН** зат. **1.** *Қазақ Республикасы; қазақ жері, қазақ елі.* **2.** геогр. *Еуразия құрлығының ортаңғы бөлігіне орналасқан, батыстан шығысқа қарай 3000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1600 шақырымға созылатын, қоңыржай белдеудің негізінен ортаңғы және оңтүстік ендіктерін, қиыр оңтүстігінде субтропик белдеуді қамтитын мемлекет.*

**Қазақстан арқары.** зоол. <лат. ovis ammoncollium Severtzov>. *Сарыарқада, Қалбы Алтайында, Тарбағатайда, Маңырақ пен Сауырда таудың жазықтау бөліктерінде мекендейтін жабайы тау қойының бір түрі.*

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ** зат. *Қазақстан тұрғыны, Қазақстан азаматы. // Қазақстанда тұратын, Қазақстанға тән.*

**Қазақстандық тарихнама.** *Қазақ елінің тарихы, өткен өмірі.*

**ҚАЗАҚСЫН** = ет. *Қазақ деп білу, қазақ деп санау.*

**ҚАЗАҚСЫНУ** *Қазақсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚТАС** зат. геол. *Қайта түзілген немесе туынды кварциттердің атауы.*

**ҚАЗАҚТЫҚ**[1] зат. көне. *Ержүрек батыр жігіт.*

**ҚАЗАҚТЫҚ**[2] сын. *Қазаққа тән, қазаққа қатысты. // Қазақ болушылық, қазаққа тән қасиет.*

**ҚАЗАҚТІЛДІ** сын. *Қазақ тілінде сөйлейтін.*

**ҚАЗАҚУАР** сын. *Қазақ өмірімен жақсы таныс, оның тілін білетін, әдет-ғұрпына, салтына қанық (басқа ұлт адамы).*

**ҚАЗАҚША** үст. **1.** этн. *Қазаққа ұқсап, қазақ тәрізді.* **2.** *Қазақ тілінде.*

**Қазақшаға [қазақша тілге] судай.** *Қазақ тілін жақсы білетін, қазақша ағып тұрған.* **Қазақша ет.** тамақ. *Асылған еттен дайындалатын қазақтың ұлттық тағамы.* **Қазақша күрес.** спорт. *Белден ғана ұстасып, аяқты пайдалана, түрлі айла-тәсіл қолданып белдесетін күрестің бір түрі.*

**ҚАЗАҚШАЛА=** ет. **1.** *Қазақша айту, қазақ тілінде сөйлеу.* **2.** *Қазақ тіліне аудару, тәржімалау.*

**ҚАЗАҚШАЛАН =** ет. *Қазақ тіліне аударылу.*

**ҚАЗАҚШАЛАНДЫР =** ет. *Қазақ тіліне ыңғайлау, көшіру.*

**ҚАЗАҚШАЛАНДЫРУ** *Қазақшаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚШАЛАНУ** *Қазақшалан етістігінің қимыл атауы; қазақшаға аударылу.*

**ҚАЗАҚШАЛАП** үст. *Қазақ тәрізді, қазақ сияқты; қазақ дәстүрімен.*

**ҚАЗАҚШАЛАТ =** ет. *Қазақшаға аударту.*

**ҚАЗАҚШАЛАТУ** *Қазақшалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚШАЛАУ** *Қазақшала етістігінің қимыл атауы; қазақ тіліне аудару.*

**ҚАЗАҚШЫЛ** сын. этн. *Қазақ ғұрпын сақтағыш, қазақтық қасиеті мол.*

**ҚАЗАҚШЫЛА =** ет. сөйл. ***Қазақшала.***

**ҚАЗАҚШЫЛАП** үст. сөйл. *Қазақ дәстүрімен, қазақ салты бойынша.*

**ҚАЗАҚШЫЛАУ** *Қазақшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қазаққа тән әдет-ғұрып, қалыптасқан дәстүр.* **2.** ауыс. *Қараңғылық, артта қалғандық.*

**ҚАЗАҚЫ** сын. **1.** этн. *Қазақ үлгісі бойынша істелген, қазақ халқына тән.* **2.** ауыс. *Қазақтық қасиеттері мол, қарапайым (кісі).*

**Қазақы арба.** этн. *Дөңгелегі аса үлкен емес, екі қанаты, аласалау түйеге, өгізге, атқа жегілетін күш-көліктің түрі.* **Қазақы бесік.** этн. *Қазақ тұрмысына лайықталып жасалған, сүйегі, түбегі, шүмегі бар, нәрестені бөлеуге арналған, көшіп-қонуға ыңғайлы ағаш төсек.* **Қазақы бөрік.** этн. *Іші сырылған, сырты қамқа, пүліш тәрізді қымбат маталармен тысталған, құндыз, қамқа, қалтар, сусар тәрізді бағалы аң терілерінен жасалған, 6-8 сай етіп тігілген бөріктің түрі.* **Қазақы ер.** этн. а) *Сүйегі жұқа, ықшам, жеңіл (ер адамдарға арналған) ер;* ә)*Сүйегі ауыр, алтын, күміс, асыл тас, сүйек, мүйізбен әшекейленіп, былғары, шұға барқытпен қапталған (әйелдерге арналған) ер.* **Қазақы етік.** этн. *Қонышы ұзын былғары етік, саптама етік.* **Қазақы жылқы.** *Жылқының қазақ жеріне бейімделген түрі; жабы, қарабайыр.* **Қазақы кереует.** этн. *Екі басы көтеріңкі, сүйек шауып әшекейлеп жасаған төрт не алты аяқты ағаш төсек.* **Қазақы қауын.** жерг. кәс. *Түсі сары, кейде көкшіл келетін қауын түрі.* **Қазақы қой.** *Қылшық жүнді, үлкен құйрықты қой тұқымы.* **Қазақы мінез.** *Кеңпейілдік, бауырмалдық, қонақжайлық сияқты т.б. қазақ халқының ерекшелігін көрсететін іс-әрекет, мінез-құлық.* **Қазақы үй.** этн. *Төбесі қалыңдатылып сыланған жайпақ (шатырсыз), аласа үй.*

**ҚАЗАҚЫЛАН=** ет. **1.** *Қазақ арасында өсіп, оның әдет-ғұрпын, салтын, дәстүрін игеру; қазаққа сіңіп кету.* **2.** *Қазақы түрге ену, қазақы қасиетке ие болу.* **3.** сөйл. *Қазақ тіліне аударылу.*

**ҚАЗАҚЫЛАНДЫР=** ет. *Қазақшаға айналдыру, қазақ тіліне аудару, қазақ тіліне бейімдеу.*

**ҚАЗАҚЫЛАНДЫРУ** *Қазақыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚЫЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Қазақы түрге енгізілу, қазақшаға айналдырылу, бейімделу.*

**ҚАЗАҚЫЛАНДЫРЫЛУ** *Қазақыландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚЫЛАНУ** *Қазақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАҚЫЛАУ** сын. *Қазақылық қасиеті молдау.*

**ҚАЗАҚЫЛЫҚ** зат. *Қазаққа тән мінез; қарапайымдылық, кеңдік.*

**ҚАЗАҚЫНАМАЙ** сын. сөйл. ***Қазақнамай.***

**ҚАЗАҚЫРАҚ** сын. *Қазаққа жақын, қазақылау.*

**ҚАЗАЛАН =** ет. сөйл. *Қаза болу, өлу.*

**ҚАЗАЛАНУ** *Қазалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗАЛЫ** сын. *Өлім-жітімді, қаралы (ауыл, үй).*

**Қазалы болды.** а) *Өлімге душар болды, қазаға кездесті.* ә) сөйл. *Қайтыс болды, мерт болды.* **Қазалы күні жетті.** *Ажалы келді, тіршілігі таусылды.*

**ҚАЗАН**[1] зат. **1.** этн. *Тамақ пісіруге арналып, шойыннан я мыстан жасалған ыдыс.* **2.** тех. *Металл қорытатын үлкен шойын ыдыс; багранка.* **3.** кәс. *Судың қыста қатпайтын, балық көп жүретін терең жері.* **4.** тех. *Отынды жағу, электр энергиясын, ыстық газ, басқа да технологиялық процестер жылуын қолдану нәтижесінде өндірілетін үлкен қысымды бу немесе ыстық су алуға арналған қондырғы.* **5.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, ас пісіретін ыдыс.* **6.** ауыс. *Дәм, тағам.*

**Қазан асқызды**. *Тамақ жасатып, ет салдыртты.* **Қазан асты.** *Тамақ жасады, ет салды.* **Қазан аузы жоғары**. *Бір ыңғайы болар, жаратқанның берер несібесі, жеткізер ризығы бар шығар деген мағынада.* **Қазан аузынан бөліп ішті.** *Көрші-қолаңымен т.б. тату-тәтті тұрып, бар тамақты бөлісті.* **Қазан аумағындай ғана көрінді.** *Қазан көлеміндей, шағын болып көрінді.* **Қазан бас.** *Басы қазандай үлкен (кісі).* **Қазан бұзар, үй тентек.** *Көптің ішіндегі бір тентек.* **Қазан көтергізді.** *Ет астырды, тамақ істетті.* **Қазан көтерді.** *Тамақ жасауға кірісті, ет асты.* **Қазан қаңсымасын.** *Қазан бос болмасын, береке сақталсын.* **Қазан құйрық қой.** *Құйрығы қазандай, үлкен қой.* **Қазан құлағын [тұтқасын] ұстады.** *Белгілі бір қызметке ие болды, билікке қолы жетті.* **Қазанның көбігіндей үйірілді.** *Бір жерге үймеледі, иін тірести.* **Қазанның қақпағындай.** *Үлкен, дөңгелек.* **Қазанның түп күйесіндей.** *Қап-қара, тіпті қара.* **Қазан пеш.** *Қазан орнатып, тамақ пісіретін пеш.* **Қазан суыту.** *Мініс атты кешкі (түнгі) тамаққа дейін тынықтыру; қаңтарып қою.* **Қазан ұрған дақылдай.** бейн. *Суықтан тырысқандай, суық шалғандай.* **Қазан үстінен күн көру.** *Біреудің даяр асын ішу; даярға әзір болу.* **Қазан үстінен тамаққа шақырды.** **Қазан шұңқыр.** *Қазаншұңқыр (көлемі үлкен, терең емес шұңқыр, сай).* **Қазаны басқа.** *Өз алдына жеке үй, бөлек отау.* **Қазаны бауырыңа төгілгір.** қарғ. *Оңбағыр, қарғыс атқыр.* **Қазаны майланды.** *Қазанына майлы ас пісірді.* **Қазанына қаспақ қатқан.** *Салақ, тазалыққа мән бермейтін, жалқау (әйел).* **Қазаны оттан түспеді.** *Қазаны ылғи (үнемі) асулы тұрды; көп тамақ жасады.* **Қазаныңды асып, отыныңды жағып отырғанда.** *Айтқанынан шықпай, айтқанын екі етпей.*

**Қазаны оттан түспейді.** *Қонақжай, аққөңіл, кең.*

**ҚАЗАН**[2] зат. *Қыркүйектен кейін, қарашадан бұрын келетін ай.*

**Қазан айы.** *Күздің екінші айы, октябрь.* **Қазан болды.** *Бақшадағы қауын-қарбыз т.б. жеміс-жидек таусылды.* **Қазан етті [қылды].** *Көктей солдырды, құратты; құртты, жойды.* **Қазанның қара дауылы.** *Қазан айында өтетін 5-7 күндік амал, жел тұрып, күн суытытан кез.* **Қазан соқты.** *Аяз ұрды, суық шалды.* **Қазан төңкерісі.** тар. *1917 жылы 25 қазанда Петроградта болған әлеуметтік-саяси, тарихи ірі оқиға.* **Қазан ұрды.** *Қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді үсітті; көктей солдырды.*

**ҚАЗАН**[3] *Азан-қазан қос сөзінің екінші сыңары.*

**ҚАЗАНАҚ** зат. өс. <лат. ledum> *Сабағының ұзындығы 1-1,5 метрдей, сарғылт түсті ірі гүлі бар улы өсімдік.*

**ҚАЗАНАЛМАН** зат. көне. *Салық түрі.*

**ҚАЗАНАМА** зат. **1.** *Әскери адамның өлгендігі туралы хабар; қарақағаз.* **2.** *Дүниеден қайтқан адамның өмірі мен қызметі туралы айтылған мақала, мұнақып.*

**ҚАЗАНАС** зат. этн. *Күзде соғымнан бұрын сойылатын мал.*

**ҚАЗАНАСАР**: **қазанасар салығы.** көне. *Біреудің қора-жайына мал-жанымен қонғанда берілетін алымның түрі.*

**ҚАЗАНАСПА** зат. *Қазан асатын ошақ, қазандық.*

**ҚАЗАНАТ** зат. этн. *Дене бітімі ірі (кеудесі кең, шоқтығы биік), ұзақ жолға шыдамды, мықты ат.*

**Қазанат дене.** *Денесі келісті, мүсінді; шымыр.*

**ҚАЗАН-АЯҚ** зат. **1.** *Аяқ-табақ; барлық ыдыс.* **2.** *Үйдің тірлігі, ұсақ-түйек, әйелдің шаруасы. // Ыдыс-аяқ тұратын, от жағатын (жақ, тұс, орын).*

**Қазан-аяғы бір.** *Бір үйден тамақ ішетін, тату-тәтті, ынтымақты (бірнеше отбасы).*

**ҚАЗАНБҰЗАР** сын. *Бұзық, бұзақы, сотқар, содыр.*

**Қазанбұзар үй тентек**. *Содыр, сотқар, тентек, үйінде ғана батыр.*

**ҚАЗАНБҰЗАРЛЫҚ** зат. *Бұзақылық, тентектік, содыр-сотқарлық.*

**ҚАЗАНДАЙ** сын. **1.** *Қазан сияқты домалақ, төңкерілген.* **2.** *Қазан сияқты ойық, шұңқыр.* **3.** ауыс. *Үлкен, дәу.*

**Қазандай қайнады.** а) *Бірі кіріп, бірі шықты, сапырылысты.* ә) *Қатты ширықты, ашуланды.*

**ҚАЗАНДАЙЫН** сын. фольк. поэт. ***Қазандай.***

**ҚАЗАНДАП** үст. *Қазан-қазан етіп; көптеп, молдап.*

**ҚАЗАНДАТҚЫР: қазандатқыр қызыл пәле**. *Қазанға түскір, сойылғыр, ет болғыр деген мағынадағы сиыр малына айтылатын сөз.*

**ҚАЗАНДОП** зат. ойын. *Жерден шұңқыр қазып, оның үстінен доп домалатып ойнайтын балалар ойыны.*

**ҚАЗАНДЫҚ**[1] зат. **1.** *Қазан орнатуға арналып жасалған ошақ; қазанаспа.* **2.** сөйл. ***Асүй.*** **3.** *Жылыту қазандығы орнатылған бөлме.*

**ҚАЗАНДЫҚ**[2] зат. тех. *Бу шығаруға, жылу беруге немесе ыстық су дайындауға арналған құрылғылар кешені.*

**ҚАЗАНДЫҚ**[3] сын. жерг. *Тамақтық, бір үйлі жан тоятын, күнделікті жейтін (балық).*

**ҚАЗАНДЫҚ**[4] зат. сушар. *Құдықтың түбіндегі су алатын, ыдыс бататын ойық.*

**ҚАЗАНЖАҚ** зат. жерг. сөйл. *Ауызүй.*

**ҚАЗАНЖАП** зат. сөйл. ***Қазанжаппа.***

**ҚАЗАНЖАППА** зат. этн. тамақ. *Қазанға қарылып, шоққа көміп пісірілетін нан; ұлттық тағам, төңкерме.*

**ҚАЗАНЖАППАДАЙ** сын. *Қазанжаппа нандай.*

**ҚАЗАНЖАППАЙ** зат. сөйл. ***Қазанжаппа.***

**ҚАЗАН-ҚАЗАН** сын. *Бірнеше қазан толған; көп, мол.*

**ҚАЗАНДАЙ-ҚАЗАНДАЙ** сын. *Абажадай, тым үлкен.*

**ҚАЗАНҚАЙНАМ: қазанқайнам уақыт.** *Қазанның қайнау уақытына сәйкес уақыт ұзақтығын білдіретін халықтық өлшем.*

**ҚАЗАНҚАП** зат. этн. *Көшкенде төңірегін күйелемес үшін қазанға кигізілетін қап. // Үлкен, шарадай.*

**ҚАЗАНҚАРА**[1] зат. өс. *Қарбыздың бір түрі.*

**ҚАЗАНҚАРА**[2] зат. жерг. *Қыстай жиналған малдың қиын көктемде үстіне су құйып алған тезек.*

**ҚАЗАНОЙПАТ** зат. геол. *Дөңгелек ойыстар [жерүсті және суасты Қазанойпаттары болып екі түрге бөлінеді].*

**ҚАЗАН-ОШАҚ** зат. *Тамақ пісіруге қажетті қазан, ошақ, ыдыс т.б. керек-жарақтың жалпы атауы.*

**ҚАЗАНПЕШ** зат. *От жағып, үй жылытатын, қазан асып, тамақ пісіретін пеш.*

**ҚАЗАНПЫШАҚ** зат. жерг. *Қазанның түбін қыруға арналған жұқа, кішкентай пышақ.*

**ҚАЗАНПЫШАҚТАЙ** сын. жерг. *Қазанпышақ сияқты жұқа, кішкентай.*

**ҚАЗАНСЫЗ** сын. *Қазаны жоқ, қазаны болмайтын, қазан ұстамайтын, қазан көтермейтін.*

**ҚАЗАНТОЙ** зат. этн. жерг. *Әйелдер босанар алдында беретін ырым тамақ.*

**ҚАЗАНТОЛМАС** зат. *Көкірек (кеуде) пен қарынның түйіскен жері, жүрек тұсы.*

**ҚАЗАНҰРУ** зат. жерг. *Суық, ұскірік, ұсік.*

**ҚАЗАНҰШЫҚ** зат. этн. сөйл. *Босанатын әйелдің толғағы басталғанда жасалатын ырым.*

**ҚАЗАНҮЙ** зат. жерг. *Асүй, қазан тұрған үй.*

**ҚАЗАНША**[1] зат. *Қазанға ұқсас кішірек ыдыс; кішкене қазан.*

**ҚАЗАНША**[2] зат. тех. *Руда балқытатын ыдыс.*

**ҚАЗАНШҰҢҚЫР** зат. **1.** *Жер бетінің ойыс келген жері, ойдым.* **2.** геогр. *Құрлық бетіндегі, мұхит-теңіз түбіндегі пішіні дөңгелек не аздап созылыңқы келген ойыс.* **3.** *Ғимараттардың және басқа да инженерлік құрылыстардың негізі мен іргетасын салуға арналып қазылған шұңқыр.*

**ҚАЗАНШҰҢҚЫРЛА=** ет. *Терең, кең етіп шұңқыр қазу.*

**ҚАЗАНШЫ** зат. **1.** *Қазан жасайтын шебер.* **2.** *Қоста қалып, тамақ пісіретін адам; аспазшы.*

**Қазаншы бала.** кәс. *Балықшыларға қолғабыс тигізетін, жағада қалып тамақ пісіретін бала.*

**ҚАЗАНШЫҚ**[1] зат. жерг. *Құмыра.*

**ҚАЗАНШЫҚ**[2] зат. *Шұңқыр.*

**ҚАЗАҢ** зат. сөйл. *«Қазақ» сөзінің құрметпен айтылуы.*

**ҚАЗАРМА** [итал. caserma] зат. сөйл. әск. *Әскери бөлімдердің жеке құрамаларының тұруына, оқып-жаттығуына және қызмет етуіне арналған үйі (ғимараты).*

**ҚАЗАСЫЗ** сын. *Өлім-жітімсіз.*

**ҚАЗАТ** [ар. غزوة] зат. көне. **1.** діни. *Мұсылманнан өзгелерге қарсы діни соғыс; газауат.* **2.** *Әділдік (шындық) үшін күрес; әділ соғыс, азаттық ұрыс.* **3.** ауыс. *Қиямет-қайым, ауыр азап; қиын.*

**ҚАЗАТТАС** сын. *Қазат жорығы кезіндегі серіктес (адам); майдандас.*

**ҚАЗАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Қазат.***

**ҚАЗАУАТ** зат. жерг. ***Ғазауат.***

**ҚАЗАУЫЗ** зат. техн. *Шөп мәшинесінің шалғысы ары-бері жүгіріп тұру үшін жасалған, арасы қуыс тістері бар құрылғы.*

**ҚАЗАУЫТ** сын. жерг. *Ойыс, қайқаң; аласа.*

**ҚАЗАУЫТТАУ** сын. *Ойыстау, қайқаңдау; аласалау.*

**ҚАЗАХАЖАТ** зат. ескі кіт. *Сапарда жүріп намаз оқу.*

**ҚАЗАҚ** зат. өс. *Ылғалды жерлерде өсетін, биіктігі 30 см-дей, ащы дәмді шөп.*

**ҚАЗӘП** зат. сөйл. ***Кәззап.***

**ҚАЗБА**[1] зат. геол. **1.** *Әртүрлі мақсатта (археологиялық, кен өндіру, т.б.) жер қыртысын қазу, тексеру жұмыстары.* **2.** *Жер қазу арқылы табылған ескі заманның көне бұйымдары, әртүрлі заттар, олардың қалдықтары.*

**Қазба байлық.** кен. *Жерден алынатын көмір, мұнай, бағалы металдар сияқты адам өмірі үшін қажетті табиғи түзілімдер.* **Қазба жанар жыныстар.** геол. *Құрамында минералды қоспасы көп болатын каустобиолиттер тобындағы пайдалы қазбалар.* **Қазба жұмыс.** кен. *Археологиялық мақсаттағы жер қазу, зерттеу ісі.*

**ҚАЗБА**[2] сын. *Қазып көп сөйлейтін, мазасыз, жайсыз; мыжыма (адам), қазымыр.*

**ҚАЗБАЙ** зат. жерг. **1.** *Жер қазатын кішкене күрекше.* **2.** жерг. *Күлшығарғыш.* **3.** *Көріктің көмейіне көмір салуға, ыстық шоқты көсіп алуға, күл шығаруға арналып малдың жауырын сүйегінен жасалған, қож немесе қожы, қазбай деп те аталатын ұста, зергерлер құралы.*

**ҚАЗБАЙЛА=** ет. сөйл. ***Қазбала.***

**ҚАЗБАЙЛАУ** *Қазбайла етістігінің қимыл атауы; қазбалап сұрай беру.*

**ҚАЗБАҚТА=** ет. сөйл. ***Қазбала.***

**ҚАЗБАЛА=** ет. *Бір нәрсені қазып, қайта-қайта сұрау; қазымырлану. // Бір нәрсеге жан-жақты тоқталу, тәптіштеу; ұсақ-түйектің бәрін теру.*

**ҚАЗБАЛАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені қазбалай бергіш; қазымыр.*

**ҚАЗБАЛАН=** ет. *Қазбалай берілу, қайта-қайта сұралу, тексерілу.*

**ҚАЗБАЛАҢҚЫРА=** ет. *Қазбалай түсу, ұшқышыңқырау.*

**ҚАЗБАЛАҢҚЫРАУ** *Қазбалаңқыра етістігінің қимыл атауы; қазбалай түсу.*

**ҚАЗБАЛАС=** ет. *Өткен-кеткен ұсақ-түйектің бәрін теріп, айтысу.*

**ҚАЗБАЛАСУ** *Қазбалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗБАЛАУ** *Қазбала етістігінің қимыл атауы; біреуден бір нәрсені қайталап сұрай беру, мазалау.*

**ҚАЗБАЛЫ**: **қазбалы байлық**. сөйл. ***Қазба байлық.***

**ҚАЗБАУЫР**[1] зат. өс. *Далалы жерлерде өсетін гүлі ірі шөп.*

**ҚАЗБАУЫР**[2]**: қазбауыр бұлт**. а) *Қаздың бауыры сияқты жерге жақын ақ бұлттар.* ә) *Ондаған шақырым биіктікте ұсақ мұз түйірінен пайда болатын бұлт.*

**ҚАЗБАУЫРЛА=** ет. *Қаз сияқты қалықтау.*

**ҚАЗБАУЫРЛАН=** ет. *Қаздың бауырына ұқсас ақ бұлттардай қалықтау.*

**ҚАЗГЕЛДЕКТЕЙ** сын. *Қатар-қатар, тізілген.*

**ҚАЗҒАНУ** зат. *Ұтып алу, жеңіп алу, табысқа жету.*

**ҚАЗҒЫЗ=** ет. *Қаздыру.*

**ҚАЗҒЫЗУ** *Қазғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗҒЫЛА=** ет. **1.** *Әр жерді бір қазу, қайта-қайта қазу.* **2.** ауыс. *Қазбалап сұрау; шұйліу, қадалу.*

**ҚАЗҒЫЛАУ** *Қазғыла етістігінің қимыл атауы; қазбалап сұрай беру.*

**ҚАЗҒЫШ** зат. тех. *Жерді қазатын мәшине.*

**ҚАЗДАЙ** сын. *Қаз сияқты, қаз тәрізді.*

**Қаздай байпаңдады.** *Қаздың жүрісіндей байпаң-байпаң басып жүрді.* **Қаздай [қазша] қалқыды.** а) *Еркін қимылдады, сап түзеді, бөгет көрмеді.* ә) *Сайрандады, қадірлі болды.* **Қаздай тізілді.** *Қаз-қатар тұрды; сап түзеді.* **Қаздай шұбырды.** *Бірінің артынан бірі жүрді.*

**ҚАЗДАЙЫН** сын. фольк. поэт. ***Қаздай.***

**ҚАЗДАҢ**: **қаздаң басты.** *Бойын, аягын тік ұстап тездеп басты, ылдым-жылдым жүрді.* **Қаздаң қақты.** *Бойын тік ұстап, тез-тез жүрді; қақаң қақты.*

**ҚАЗДАҢДА=** ет. **1.** *Бойын, аягын тік ұстап, ылдым-жылдым басу, тез-тез жүру.* **2.** *Қақаң қағу, қақшаңдау.*

**Қаздаңдай басты**. *Қаздаң-қаздаң етті, тез-тез жүрді.*

**ҚАЗДАҢДАТ=** ет. *Бойын, аягын тік ұстап ылдым-жылдам басқызу.*

**ҚАЗДАҢДАТУ** *Қаздаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗДАҢДАУ** *Қаздаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗДАҢ-ҚАЗДАҢ**: **қаздаң-қаздаң басты**. *Аягын тез-тез алды, ылдым-жылдым жүрді.*

**Қаздаң-қаздаң етті.** *Аягын тез-тез басты, ылдым-жылдым жүрді.*

**ҚАЗДИ=** ет. **1.** *Қаққан қазықтай тікесінен тік тұру (отыру).* **2.** *Бір орнынан тапжылмау; қақию, қақшию.*

**Қазықтай [қаққан қазықтай] қаздиды.** *Бойын тіп-тік ұстады.*

**ҚАЗДИҒАН-ҚАЗДИҒАН** сын. *Ұзын-ұзын, тіп-тік.*

**ҚАЗДИТ=** ет. *Бір орнынан қозғалтпай, тіп-тік тұрғызып қою, қақшиту, қақиту.*

**ҚАЗДИТУ** *Қаздит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗДИЮ** *Қазди етістігінің қимыл атауы; бір орыннан тапжылмай серейіп тұрып қалу, қақшию.*

**ҚАЗДЫ** сын. *Қазы бар, қаздар ұшатын.*

**ҚАЗДЫР=** ет. *Қазғызу.*

**ҚАЗДЫРТ=** ет. *Қазғыздыру.*

**ҚАЗДЫРТУ** *Қаздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗДЫРУ** *Қаздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЕКЕ** зат. сөйл. *Қазақ сөзінің әрі іш тартып, өзімсініп, әрі сырт көз болғансып, көңілі толмағанда батырмай сынау үшін айтылатын атауы.*

**ҚАЗЖУА** зат. өс. <лат. gagea> *Жапырағы жіңішке таспа тәрізді, сары түсті гүлі бар көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАЗИ** [ар. قاضى] зат. діни. *Шариғат заңдылығының сақталуын қадағалайтын дін адамы; дінбасы; діни сот.*

**ҚАЗИЕК**[1] зат. қолөнер. *Пышқы, темір ара.*

**ҚАЗИЕК**[2] зат. жерг. *Бір нәрсенің кенересі, жиегі.*

**ҚАЗИНА** [ар.خزينة] зат. ескікіт. **1.** *Қазына, байлық, алтын-күміс.* **2.** *Несібе.*

**ҚАЗИНАЛЫ** сын. ескікіт. ***Қазыналы.***

**ҚАЗИНЕ**[1] зат. жерг. ***Құдірет.***

**ҚАЗИНЕ**[2] зат. *Камзол, бешпент сияқты сырт киім тігуге арналған қалыңдау келген қымбат мата.*

**ҚАЗИНЕ**[3] зат. көне. *Қазына, байлық.*

**ҚАЗИНЕК** зат. кәс. *Шығырдың кегейіне айнала бекітілген имек тал.*

**ҚАЗИНЕЛІ** сын. ***Қазыналы.***

**ҚАЗИЯ** [ар. قضية] зат. көне. *Қарар, қаулы.*

**ҚАЗКЕГЕР** зат. зоол. *Төбесінде екіге жарылып селтиіп тұратын тұлымшасы бар, өзен-көлдерде тіршілік ететін жүзгіш құс.*

**ҚАЗКӨЗ** зат. сөйл. *Ірі бытыра; картеш.*

**ҚАЗ-ҚАЗ** од. этн. *Жаңадан жүре бастаған, қаз тұрған сәбиге айтылатын сөз.*

**Қаз-қаз басты.** а) *Жаңадан тәй-тәй басып жүре бастады, аягын апыл-тапыл басты.* ә) ауыс. *Жаңа ұйымдасты, жұмысын енді ғана бастады.* **Қаз-қаз тұрды**. а) *Аягын басты, енді-енді жүре бастады.* ә) *Жаңа құралды; өзіне-өзі енді ғана келді.*

**ҚАЗ-ҚАЗДА=** ет. *Енді-енді жүре бастау.*

**ҚАЗ-ҚАЗДАҒАН** сын. *Енді-енді жүре бастаған.*

**ҚАЗ-ҚАЛПЫ** үст. *Ешбір өзгеріссіз, сол күйі.*

**ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА** үст. *Ешбір өзгеріссіз, сол күйінде, бұрынғыша.*

**ҚАЗ-ҚАЛПЫНША** үст. *Ешбір өзгеріссіз, сол күйінше.*

**ҚАЗ-ҚАТАР**[1] үст. *Бірінен кейін бірі, қатар-қатар.*

**ҚАЗ-ҚАТАРЛАН=** ет. *Қатар-қатар тұру, тізілу.*

**ҚАЗ-ҚАТАРЛАНУ** *Қаз-қатарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗҚОҢЫР** сын. *Жуан, саңқылдап тұратын (дауыс).*

**ҚАЗМОЙЫН**[1] зат. зоол. *Қазанат пен арғымақты будандастыру арқылы алынған тұқым.*

**ҚАЗМОЙЫН**[2] зат. *Мойны ұзын келген торсықтың халықтық атауы.*

**ҚАЗНА** зат. ***Қазына*** *(байлық, қымбат заттар, дүние-мүлік).*

**ҚАЗНОЗ** зат. сөйл. *Ірі бытыра.*

**ҚАЗОТЫ** зат. өс. <лат. grypsis> *Ылғалды жерлерде (өзен бойында, арық жағаларында, тоғайда, т. б.) ұйыса тығыз өсетін, майда әрі аласа шөп.*

**ҚАЗОТЫДАЙ** сын. *Қазоты сияқты.*

**ҚАЗОТЫЛЫ** сын. *Қазоты өскен.*

**ҚАЗРЕТ** зат. діни. ***Қазірет*** *(имамнан кейінгі жоғары дінбасы).*

**ҚАЗСЫЗ** сын. *Қазы жоқ, қаз болмаған.*

**ҚАЗТАБАН**[1] зат. өс. <лат. potentilla> *Сабағының биіктігі 15-20 см, жапырақтарының шеті араның тісі тәрізді, гүлдері сары, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАЗТАБАН**[2] зат. қолөнер. *Қаздың табанына ұқсас үш тағанды ою-өрнек.*

**ҚАЗТАБАН**[3] зат. тех. *Егістік жерді культивациялауға арналған үш тарапты қайырмасыз соқа.*

**ҚАЗТАБАНДЫ**[1] сын. *Қазтабан өсімдігі өскен, қазтабаны мол.*

**ҚАЗТАБАНДЫ**[2] сын. *Қазтабан соқасы тіркелген, қазтабан соқасы бар.*

**ҚАЗТАМАҚ** зат. өс. <лат. geranium> *Сабағы тік, жапырағы тілім-тілім, салалы болып келген, гүлі күлгін түсті шөптесін өсімдік.*

**ҚАЗТАҢДАЙ**[1] зат. өс. ***Мыңжапырақ*** (*жапырақтары қаздың таңдайына ұқсас, шалғынды жерде өсетін шөп).*

**ҚАЗТАҢДАЙ**[2] зат. тех. *Шөп мәшинесінің шалғысы астындағы таңдайша; қазауызға бекітілген жұқа темір.*

**ҚАЗТАҢДАЙЛА=** ет. қолөнер. *Қаз таңдайын ұқсатып тоқу, тоқып өрнектеу.*

**ҚАЗТАҢДАЙЛАН=** ет. *Қаздың таңдайына ұқсау, толқындану.*

**ҚАЗТАҢДАЙЛАНУ** *Қазтаңдайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗУ** *Қаз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жерді құралмен, қолмен ашу, топырағын алу, шұңқырлау.* **2.** ауыс. *Жоқты табу, шығару.*

**ҚАЗУАР** зат. зоол. *Австралияда тіршілік ететін, аяғы жуан, ұшпайтын күркетауық тәрізді ірі құс.*

**ҚАЗУЛЫ** сын. *Қазылып қойылған, даяр тұрған.*

**ҚАЗУСЫЗ** сын. *Қазылмаған (жер).*

**ҚАЗУШЫ** зат. *Бір нәрсені (жер, ор, құдық, арық, т.б.) қазатын немесе қазған адам.*

**ҚАЗҰЯЛЫ: қазұялы қамшы.** *Өрімі жуан қамшы.*

**ҚАЗ-ҮЙРЕК** зат. *Қаз және үйрек аралас құстар тобы.*

**ҚАЗША** үст. *Қаз тәрізді, қаз сияқты.*

**Қазша таранды.** *Әдемілендi, сұлуланды.* **Қазша тізілді.** *Бірінің артынан бірі жүрді, тізбектелді.*

**ҚАЗЫ**[1] зат. этн. тамақ. **1.** *Жылқының майлы қабырғасын етегімен қосып тұздап, ішекке тығып жасаған ұлттық тағам.* **2.** *Жылқының төстіктен төменгі майлы еті.*

**Қазы айналдырды.** *Жуан ішекке жылқының қабырға майын салып қазы жасады.* **Қазы байлады.** *Май бітті, семірді, жұнттай болды.* **Қазы мен қарта.** этн. ***Қазы-қарта.*** **Қазыны бұзбай салды.** *Қазыны тұтастай, бүтіндей, бөлшектемей пісірді.* **Қазысы қарыс бие.** *Семіз, әбден жараған бие.* **Қазысы үш елі.** а) *Қазысы майлы, қазының майы үш елідей.* ә) *Бар, бай, әулетті адам, отбасы туралы.*

**ҚАЗЫ**[2] зат. **1.** көне. *Жүгініске келгендерге шариғат жолы бойынша үкім айтатын, әдет-ғұрыптардың дәйекті түрде орындалуын бақылайтын әкім; мұсылмандық сот.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге билік айтушы, төреші; қара қылды қақ жарған, әділ адам.* **3.** ауыс. жаңа. *Спорт ойындарының төрешісі; судья, арбитр.*

**Қазыға жүгінді.** *Қазы алдына барып, арызөтінішін айтты.* **Қазыға салды**. *Төрелікке, талқыға түсірді.* **Қазылар алқасы.** <франц. jury> *Жарыс, көрме, конкурстарда сыйлықтар мен марапаттауларды белгілеу үшін арнайы шешім шығаруға тағайындалған мамандар тобы; Өнер сайысына, ақындар айтысына, жарысқа төрелік етушілер.*

**ҚАЗЫ**[3] зат. жерг. *Қауынның тәтті жері, ішкі жағы.*

**ҚАЗЫ**[4] зат. діни. **1.** *Жаулап алушы.* **2.** *Ескі ғазауатшы (ислам діні үшін күресуші, соғысушы), соғыстан өздерінің ерлігін көрсете алғандарға берілетін құрметті атақ.* **3.** ауыс. *Әділетті соғыс қаһарманы, жауынгер.*

**ҚАЗЫҚ** зат. **1.** *Жерге қағып, жіп, арқан т.б. байлауға арналған ұшы үшкір, кішірек келген ағаш я темір.* **2.** этн. *Қазақ дүниетанымындағы әлемдік ағаш, әлемдік тау бейнелерімен мазмұндас ғарыштық байланыстың символы.* **3.** ауыс. *Отбасы негізі, сүйеніш.* **4.** ауыс. *Тоқтау, тірек.*

**Қазығына айналған аттай.** *Айналшықтап бір жерге бірнеше рет қайта соғу туралы.* **Қазығына қара айналдырды.** *Мал бітірді.* **Қазық аяқ.** а) *Тіп-тік, түп-түзу аяқ; сидиған.* ә) сөйл. *Сұлу көріну үшін аяғына биік өкше туфли киген бикеш.* **Қазық аяқ қара кемпір.** *Пәле-жаланың бәрін білетін алаяқ қу кемпір деген мағынада.* **Қазық бас.** *Желке тұсы жоқ, шығыңқы емес, басы қақиған (адам).* **Қазық болды.** а) *Елге сүйеніш, таяныш болды.* ә) *Бір нәрсеге негіз болды, тірек болды.* **Қазық болу**. *Сүйеніш, таяныш болу.* **Қазық жұтқандай болды.** *Иілікпеді, тік тұрды.* **Қазық қағып, көлеңкесіне бұзау байлады.** *Күн көрсетпеді, аяқ-қолын жұмыспен байлап, еркіне жібермеді деген мағынада айтылады.* **Қазық қаққандай.** *Қазық қағып жатқандағыдай дыбыс шығару.* **Қазық қақты**. *Болашақ қаланың, не селоның, үйдің орнына ең алғаш рет белгі салды.* **Қазық қақтырды.** *Белгі салдырды.***Қазыққа сүрінгендей болып.** *Жолындағы көзге көрінбейтін, бірақ үлкен кедергілерді байқамай.*

**ҚАЗЫ-ҚАРТА** зат. этн. тамақ. *Жылқының қадірлі саналатын қазысы мен қартасы.*

**ҚАЗЫҚБАС: қазықбас ер**. *Алдыңғы қасы (басы) қақиған, қазмойын ер.*

**ҚАЗЫҚБАУ** зат. этн. *Жіпті бір нәрсеге екі рет орап барып, ұштарын бекітетін байлау әдісі.*

**Қазықбау шалып байлады**. *Жіпті, шылбырды т.б. қазықбау әдісімен (орап, шалып) байлады.*

**ҚАЗЫҚБАУЛА=** ет. *Қазықбау шалып байлау.*

**ҚАЗЫҚБАУЛАН=** ет. *Қазықбау шалынып байлану.*

**ҚАЗЫҚБАУЛАНУ** *Қазықбаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЫҚБАУЛАУ** *Қазықбаула етістігінің қимыл атауы; қазықбау шалып байлау.*

**ҚАЗЫҚБАУШАЛА=** ет. сөйл. *Қазықбау шалып байлау.*

**ҚАЗЫҚБАУШАЛАУ** *Қазықбаушала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЫҚСЫЗ** сын. *Қазық қақпай-ақ, қазықтың қатысынсыз.*

**ҚАЗЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Қазықтың жоқтығы, қазық болмағандық.*

**ҚАЗЫҚТА=** ет. сөйл. **1.** *Қазық қағу, малды арқандап, жерге қазық қағып байлау.* **2.** *Ұшып кетпес үшін қазықтың көмегімен арлы-берлі арқан жүргізіп бастыру, қымтау.*

**ҚАЗЫҚТАЙ** сын. *Түп-түзу, тіп-тік, қақиған.*

**Қазықтай қадалды.** *Тікесінен-тік тұсті, шаншылды.* **Қазықтай қатты.** *Тікесінен-тік тұрды; қыбыр етпеді, қозғалмады.*

**ҚАЗЫҚТАУ** *Қазықта етістігінің қимыл атауы; қазық қағу.*

**ҚАЗЫҚТАУЛЫ** сын. *Қазыққа байланған, мықтап бекітілген.*

**ҚАЗЫҚТЫҚ** сын. *Қазық боларлық, қазыққа жарарлық.*

**ҚАЗЫҚҰРТ** зат. өс. <лат.filago> *Биіктігі 45–50 см, сабағы тік, ақшыл не сұр түсті, бір жылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАЗЫҚША**[1] зат. *Кішкене қазық.*

**ҚАЗЫҚША**[2] үст. *Қазық тәрізді, қазық сияқты.*

**Қазықша қаздитты.** *Аяғын түп-түзу, тіптіке етіп ұстады.*

**ҚАЗЫЛ=** ет. **1.** *Шұңқыр жасалу, ойылу, топырағы алынып, қопарылу.* **2.** *Канал жасалу.* **3.** *Қазба байлықтар табылу.* **4.** ауыс. *Сарылу, таусылу, шарасы таусылу.*

**ҚАЗЫЛАП**[1] үст. сөйл. *Қазы жасап, қазы істеп.*

**ҚАЗЫЛАП**[2] үст. *Өлшеп, мөлшерлеп, шамалап.*

**ҚАЗЫЛУ** *Қазыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЫЛЫ** сын. *Семіз, қоңды, қазысы қалың.*

**ҚАЗЫЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Қазы болушылық, қазы міндетін атқарушылық.* **2.** *Билік, төрелік.*

**Қазылық етті [жасады].** *Төрелік жасады.*

**ҚАЗЫЛЫҚ**[2] зат. этн. *Жылқының қабырғасы мен қабырға майы; қазы боларлық жері.*

**ҚАЗЫМЫР**[1] зат. жерг. *Темір көсеудің ұшы үшкірлеу болып істелген түрі.*

**ҚАЗЫМЫР**[2] сын. жағымсыз. *Не болса соны айтып, жөнсіз қазбалайтын, көп сөйлейтін, мазасыз (адам).*

**ҚАЗЫМЫРЛА=** ет. *Мазалап көп сөйлеу, не болса соны айтып қазбалау.*

**ҚАЗЫМЫРЛАН=** ет. *Мазаны алу, не болса соны айту, сұрау, ескерту.*

**ҚАЗЫМЫРЛАНУ** *Қазымырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЫМЫРЛАУ**[1] сын. *Аздап қазымыр, мазасыз.*

**ҚАЗЫМЫРЛАУ**[2] *Қазымырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЗЫМЫРЛЫҚ** зат. *Қазымыр болушылық, қазып, қазбалап көп сөйлеушілік; мазасыздық.*

**ҚАЗЫМЫРША** үст. *Қазымыр адам тәрізді, қазымыр сияқты.*

**ҚАЗЫН=** ет. *Іздену.*

**ҚАЗЫНА**[1] [ар. خزينة ] зат. **1.** *Дүние-мүлік, жиһаз; бағалы заттар (алтын, күміс, т.б.); материалдық байлық.* **2.** *Жер қойнауындағы қазба байлық; кен, руда.* **3.** *Мәдениет, әдебиет ескерткіштері, асыл мұра; рухани байлық.* **4.** ауыс. *Ешқандай нәрсеге айырбасталмайтын, қимас зат, сезім.* **5.** ауыс. *Іштегі сезім, талант, өнер.*

**Қазына ашты.** *Мол байлықты тапты.*

**ҚАЗЫНА**[2] зат. сөйл. *Өкімет, мемлекет, қоғам.*

**Қазынаға түсірді.** *Мемлекет мүлкіне айналдырды, өкіметке өткізді.* **Қазына жері.** сөйл. *Мемлекет жері.*

**ҚАЗЫНА**[3] зат. діни. *Құдірет.*

**ҚАЗЫНАДАЙ** сын. *Қадірлі, қымбат заттай, байлықтай.*

**ҚАЗЫНАҚ** зат. жерг. *Ойма, қобы.*

**ҚАЗЫНАЛЫ** сын. *Қазынасы мол; дәулетті.*

**ҚАЗЫНАЛЫҚ** сын. *Мемлекет қарамағындағы, өкіметке қарасты; қоғамдық.*

**Қазыналық саясат.** экон. *Үкіметтің салық салу және бюджет шығыстары саласындағы саясаты.*

**ҚАЗЫНА-МҰРА** зат. *Тарихи, мәдени маңызы бар мұралар.*

**ҚАЗЫНА-МҮЛІК** зат. *Асыл зат, жиһаз.*

**ҚАЗЫНАСЫЗ** сын. *Қымбат бұйымдары, асыл заттары жоқ; қазба байлық кездеспейтін.*

**ҚАЗЫНАУЫР** зат. жерг. *Оймауыр (қазынақ шығарғыш сайман).*

**ҚАЗЫНАШЫ** зат. *Қазына байлығын сақтайтын адам; қазына ұстаушы.*

**ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ** зат. *Мемлекеттің материалдық байлығын басқаратын мекеме.*

**ҚАЗЫНДЫ**[1] зат. *Қазылған жер.*

**ҚАЗЫНДЫ**[2] сын. *Қазылған, қазылып тасталған.*

**ҚАЗЫНУ** *Қазын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қазуды әрі қарай жалғастыру, тәптіштеп сұрау.* **2.** ауыс. *Іздену, көп оқу.*

**ҚАЗЫС=** ет. *Қазу жұмысын бірлесе атқару.*

**ҚАЗЫСУ** *Қазыс етістігінің қимыл атауы; қазуға көмектесу.*

**ҚАЗЫХАНА** зат. көне. *Қазының билік ісін жүргізетін үйі.*

**ҚАЗІР**[1] [ар.حاضر] үст. **1.** *Осы кез, осы шақ.* **2.** *Дәл осы уақыт; міне.* **3.** *Тездеп, тез, дереу.*

**ҚАЗІР**[2] [ар. حاضر ] үст. сөйл. ***Әзір, дайын.***

**ҚАЗІРГІ** сын. *Осы күнгі, ендігі.*

**Қазіргі таңда**. *Осы кезде, бүгінде.* **Қазіргі шақ.** *Дәл осы мезгіл, осы кез.*

**ҚАЗІРГІДЕЙ** сын. **1.** *Осы күнгідей, ендігідей.* **2.** *Дәл осы сәттегідей.*

**ҚАЗІРГІЛІК** зат. *Бүгінгілік, осы күнгілік.*

**ҚАЗІРГІШЕ** үст. **1.** *Дәл осылайша.* **2.** *Осы кездегіше, бүгінгіше.*

**ҚАЗІРДЕ** үст. **1.** *Осы кезде, бүгінде.* **2.** *Дәл осы сәтте.*

**ҚАЗІРЕТ** зат. ***Хазірет*** *(имамнан кейінгі жоғары дінбасы; белгілі бір аймақтағы дінбасы).*

**Қазірет құзыр келеді.** діни. *Қыдыр дариды.*

**ҚАЗІРШЕ** үст. *Уақытша, біразға дейін, әзірше.*

**ҚАЗІРІНШЕ** үст. сөйл. ***Қазірше.***

**ҚАЙ**[1] зат. жерг. *Теңіздегі үлкен толқын.*

**ҚАЙ**[2] есім. **1.** *Бірыңғай нысандардың ішінде нақ қайсысы екенін айқындау үшін берілетін, «қайсы» деген мағынадағы сұрау есімдігі.* **2.** *Қандай, қай.* **3.** *Қане, айтшы біреуін, көрсетші деген мағынада қолданылады.*

**Қай атаңда көріп едің?** *Туған-тумысыңда, өткен ата-бабаңда ұшырасқаны бар ма?* **Қай бетімен көреді [көрінеді, қарайды, барады].** *Қалай, қайтіп көреді, бетіне қалай қарайды тәрізді ұялу, қымсыну мәніндегі сөз.* **Қай білгені.** *Не қылғаны, не басынғаны.* **Қай бір жетіскендіктен.** *Бір қарық болғаннан, төрт құбыланың түгелдігінен, бір кереметтіктен бұлай істеп отырған жоқпын деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Қай жарасына тартады.** *Қай керегіне жаратады, не қажетін өтейді деген місе тұтпау мағынасында айтылатын қолданыс.* **Қай жеңгенің менікі.** *Ерегісте басым түскеніңді, үстем болғаныңды жақтаймын деген мағынада.* **Қай заман.** *Қай уақыттан бері, қашаннан бері.* **Қай күні.** сөйл. *Осыдан біраз күн бұрын.* **Қай теңі.** *Сенің теңді алған деген мағынада, қорашсынып, менсінкіремей тұрғанда айтылатын сөз.* **Қай шырағына көлеңке болып еді.** *Қандай зияны болып еді, кімге кесірі тиді деген мағынада.*

**ҚАЙБАНА** сын. жерг. *Қатардағы, қарапайым, жай.*

**ҚАЙБАРТ** зат. жерг. *Өтірік, өсек.*

**ҚАЙБАРТ=** ет. жерг. *Дәті шыдамау, имену, сескену.*

**ҚАЙБАРТУ** *Қайбарт етістігінің қимыл атауы; дәті шыдамау, имену.*

**ҚАЙБАТ** зат. ***Ғайбат*** *(сырттан айтылған өсек-аяң, балағат сөз).*

**ҚАЙБАТТА=** ет. ***Ғайбатта*** *(балағаттау, өсек-аяңға қосу, сөз қылу).*

**ҚАЙБАТТАУ** *Қайбатта етістігінің қимыл атауы; балағаттау, өсек-аяңға қосу.*

**ҚАЙБЫРТ=** ет. *Жүрексіну, сескену.*

**ҚАЙБІР**[1] есім. **1.** *Нендей бір, қаншалықты.* **2.** *Не артықтығы бар, асып бара жатқан ештеңесі жоқ деген мағынада қолданылады.*

**ҚАЙБІР**[2] сын. жерг. *Ыңғайлы, икемді.*

**ҚАЙБІРДЕ** үст. *Оқта-текте, кейде, біраз уақыт бұрын.*

**ҚАЙБІРЕН-ҚЫРЫҚШІЛТЕН** зат. діни. сөйл. ***Ғайыперен-Қырықшілтен*** *(көзге көрінбейтін, үнемі демеп, жебеп жүретін күш).*

**ҚАЙБІРЕУ** есім. сөйл. *Кей, кейбіреу, қайсыбіреу.*

**ҚАЙҒЫ** зат. **1.** *Күйік, қасірет, мұң-шер.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің қамын жасаудағы машақатты әрекет.*

**Қайғы алды.** *Мұңайды, қайғырды.* **Қайғы алқымдады.** *Қайғы басты, уайымдады.* **Қайғы арқалады.** *Уайым тартты.* **Қайғы арылмады.** *Басынан уайым, қайғы кетпеді.* **Қайғы басты.** *Қайғырды, қайғы меңдеді.* . **Қайғы бұлты.** поэт. *Жабырқаушылық, мұң-шер, күйік.* **Қайғыға көмілді.** *Ауыр қасіретке батты, басына уайым-қайғы түсті.* **Қайғыға ортақтасты.** *Басына түскен қасіретті бөлісті, демеу көрсетті.* **Қайғы жамылды.** *Қаралы болды, қайғырды.* **Қайғы жеді.** *Мұңға батып, уайымдады.* **Қайғы жеңді.** *Қайғыға батты, қажыды.* **Қайғы жеу.** *Қайғы-қасірет шегу, қамығу.* **Қайғы жоқ.** *Ешқандай уайым жоқ.* **Қайғы жұтты.** *Уайымға, мұңға салынды.* **Қайғы жұтып, қан құсты.** *Іші шерге толды, құсаланды.* **Қайғы кеуледі.** *Қайғы басты.* **Қайғы қамалады.** *Уайым, мұң меңдеді, басты.* **Қайғы қашқан.** бейн. *Уайымнан арылған, көңілді, қуанышты.* **Қайғыменен қан жұтты.** *Қайғы азабын көп көрді, қатты қайғыға душар болды.* **Қайғыменен қан ішті.** *Қайғы азабын тартты, қатты қайғыға душар болды.* **Қайғымен қан жұтты.** *Қатты қапаланды, уайымға түсті, қайғы азабын көп тартты.* **Қайғының бұлтын ығыстырды.** бейн. окказ. *Көңілдендірді, көңілін ашты, қуантты.* **Қайғының зілі басты.** *Қайғыға бой алдырды, қайғыдан еңсесін көтере алмады.* **Қайғы ойлады.** *Қайғырды, уайымдады.* **Қайғы оты.** бейн. *Қасірет, күйік.* **Қайғы суы.** поэт. *Жылау, көз жасы.* **Қайғы сызы.** поэт. *Қайғы, мұң-шер.* **Қайғы тартты.** *Күйік-шерге батты, қамықты.* **Қайғы тырнағы.** поэт. *Қиямет, мұң-шер, қайғы.* **Қайғы шекті.** *Қасірет тартты.* **Қайғысы батты.** *Уайым, зары қабырғаны қайыстырды.*

**ҚАЙҒЫ-АЗАП** зат. *Қасірет, қиыншылық.*

**ҚАЙҒЫ-АРМАН** зат. *Қайғысы мен арманы, арманда кеткен үміті, қасіреті мен үміті.*

**ҚАЙҒЫ-ҒАМ** зат. көне. ***Қайғы-қам*** *(мұң-зар).*

**ҚАЙҒЫДАЙ** сын. *Қайғы секілді, мұң-шердей.*

**ҚАЙҒЫ-ДЕРТ** зат. *Жан күйзелткен мұң-шер, қасірет.*

**ҚАЙҒЫ-ЖАРА** зат. *Қасірет, мұң, шер.*

**ҚАЙҒЫ-ЗАР** зат. *Шерлі күйік, уайым.*

**ҚАЙҒЫ-ЗІЛ** зат. *Қасірет, ауыртпалық, мұң.*

**ҚАЙҒЫ-ҚАЗА** зат. *Қасірет пен өлім, ауыртпалық.*

**ҚАЙҒЫ-ҚАМ** зат. *Мұң-зар.*

**ҚАЙҒЫ-ҚАПА** зат. *Уайым, мұң.*

**ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ** зат. *Басқа түскен шерлі, мұңды ауыр жай.*

**Қайғы-қасіретке ұшыратты.** *Қайғы-қасірет шектірді, мұңға батырды.* **Қайғы-қасірет орнады.** *Қайғылы жағдай, уақиғалар көбейді, басты.*

**ҚАЙҒЫ-ҚУАНЫШ** зат. *Қайғысы мен қуанышы, қасіреті мен жақсылығы.*

**ҚАЙҒЫЛА=** ет. көне. *Қамығып күйзелу, қайғыру, жабығу.*

**ҚАЙҒЫЛАН=** ет. *Қамығып күйзелу, қайғыру, қасірет тарту, уайым жеу.*

**ҚАЙҒЫЛАНУ** *Қайғылан етістігінің қимыл атауы; қайғыға бату, мұңаю.*

**ҚАЙҒЫЛАС** сын. *Күйік-шері, мұңы бір.*

**ҚАЙҒЫЛЫ** сын. *Жан ашырлықтай аянышты, қасіретті, мұңлы.*

**Қайғылы жас.** поэт. *Қайғыдан төгілген көздің жасы.* **Қайғылы көңіл.** *Шерлі, мұңлы көкірек, қайғылы кісі.* **Қайғылы хабар.** кіт. *Қаралы хабар, кісі қайтыс болғаны туралы хабар.*

**ҚАЙҒЫ-МҰҢ** зат. *Қасіретті күйік-шер, уайым.*

**ҚАЙҒЫ-МҰҢЛЫ** сын. *Қайғылы, мұңды.*

**ҚАЙҒЫ-МҰҢСЫЗ** сын. *Қайғысыз, уайымсыз, қасіретсіз.*

**ҚАЙҒЫ-НАЗ** зат. *Қасірет, күйік, өкпе, реніш.*

**ҚАЙҒЫ-НАЛА** зат. *Қасірет пен ашу-ыза.*

**ҚАЙҒЫР=** ет. *Мұңды, шерлі болу, күйзелу, қамығу.*

**ҚАЙҒЫРАРЛЫҚ** сын. *Аза тұтарлық, аянышты.*

**ҚАЙҒЫРҒЫШ** сын. *Қайғыра беретін, көңілшек, уайым жегіш.*

**ҚАЙҒЫРТ=** ет. *Біреуді қайғыға салу, уайым жегізу, қамықтыру.*

**ҚАЙҒЫРТУ** *Қайғырт етістігінің қимыл атауы; біреуді қайғыға салу, уайым жегізу.*

**ҚАЙҒЫРУ** *Қайғыр етістігінің қимыл атауы; қамығу, мұңаю.*

**ҚАЙҒЫРУШЫ** зат. *Қайғыға салынушы.*

**ҚАЙҒЫРШАҢ** сын. сөйл. *Қайғыра беретін, уайымшыл.*

**ҚАЙҒЫРЫМПАЗ** сын. *Қайғыра беретін.*

**ҚАЙҒЫРЫН=** ет. *Уайымдау, қайғыға салыну, жабырқану.*

**ҚАЙҒЫРЫҢҚЫ** сын. *Көңіл-күйі қамығыңқы, жабырқаңқы.*

**ҚАЙҒЫРЫС** зат. *Шерлі, мұңды күйзеліс, қамығыс.*

**ҚАЙҒЫРЫС=** ет. *Біреудің қайғысына ортақтасу, қайғы жесу.*

**ҚАЙҒЫРЫСУ** *Қайғырыс етістігінің қимыл атауы; біреумен бірге қоса қайғыру; біреудің қайғысына ортақтасу.*

**ҚАЙҒЫСЫЗ** сын. *Қамсыз, мұңсыз, уайымсыз.*

**ҚАЙҒЫСЫЗДЫҚ** зат. *Тақсіреті жоқтық, уайымсыздық, қамсыздық.*

**ҚАЙҒЫ-УАЙЫМ** зат. *Жан күйзелткен күйік, мұң.*

**ҚАЙҒЫ-ХАСІРЕТ** зат. сөйл. ***Қайғы-қасірет*** *(күйік, мұң, шер).*

**ҚАЙҒЫ-ШЕМЕН** зат. *Күйік, мұң.*

**ҚАЙҒЫ-ШЕР** зат. *Қасіретті көңіл күйігі, мұң, зар.*

**ҚАЙҒЫШЫЛ** сын. *Мұңайып қамыққыш, уайымшыл.*

**ҚАЙДА** есім. **1.** *Біреудің я бір нәрсенің орнын, бет алыс бағытын білу, анықтау үшін қойылатын сұрау есімдігі.* **2.** *Қалай қолдан келсін, мүмкін емес, бірдеме шығушы ма еді деген сияқты мағынада айтылады.*

**Қайда барады.** а) *Барар жер жоқ, тығырыққа тірелді деген мағынада.* ә) *Осы жетеді, тоқтатсын, доғарсын деген мағынада.* **Қайда барса.** *Барлық жерде, кез-келген орында.* **Қайда барса да, Қорқыттың көрі.** *Қайда барсаң да, құтылмас бір бәле (сары уайымға түсіп, қиындықты төндірген кісі туралы айтылады) [Қорқыт – ел аузына тараған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын өмір іздеуші. Аңызда Қорқыт желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға кездеседі. Қорқыт өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен де ештеңе шықпайды. Соңында «Өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобыз үнінен іздейді].* **Қайда барсаң бытпылдақ.** *Айдалада тентіреп, безек қағу, зар илеп жүру мағынасында.* **Қайда жоқ.** *Барлық жерде бар, дәл осындай күйде деген мағынадағы қолданыс.* **Қайда кеттің.** *Қайдасың, қайда қалдың, қайда жоғалдың, неге тастап кеттің деген мағынада.* **Қайда қашар дейсің.** *Ешқайда кетпейді, қолдағы нәрсе деген мағынада.* **Қайдан білейін [білемін, білсін].** *Белгісіз, түсініксіз.*

**ҚАЙДАҒЫ** есім. **1.** *Түкке тұрмайтын, әйтеуір бірдеме.* **2.** *Не қылған, неткен.* **3.** *Өтіп кеткен; бір кездегі.*

**Қайдағы бір.** *Бөгде, ешбір қатысы жоқ, бөтен.* **Қайдағы жоқты айтты.** *Қай-қайдағыны, адам ойына келмейтінді, жаманшылықты айтты.* **Қайдағыны айтпа.** *Жоқ нәрсені, қайдағы жоқты, жаманшылықты аузыңа алма деген мағынада.* **Қайдағыны қоқытты.** *Қайдағы жоқты, ертеде өтіп кеткен, ұмыт болған, келеңсіз жайды қайта шығарды, еске салды; көп сөйледі.*

**ҚАЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ** сын. **1.** *Қай-қайдағы, өткен-кеткен.* **2.** *Түкке тұрмайтын бірдеңе, қай-қайдағы.*

**ҚАЙДАҚ** зат. *Салт басты, сабау қамшылы бойдақ, үй-күйсіз жалғыз басты.*

**ҚАЙДАЛА=** ет. сөйл. **1.** *«Қайда-қайда» деп қайталап сұрау.* **2.** *Іздену, іздеу.*

**ҚАЙДАЛАУ** *Қайдала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙДАМ** мод. *Анық-қанығы күмәнді, белгісіздікті білдіретін сөз.*

**ҚАЙДАН** есім. **1.** *Қай жақтан, қай жерден.* **2.** *Қайтіп, қалай.*

**Қайдан білейін.** *Кім білсін, қайдам.* **Қайдан білсін.** *Қалай боларын білмеу, алдын болжай алмау.* **Қайдан шықса, онан шықсын.** *Не болса, сол болсын, тәуекел.*

**ҚАЙДАУЫЛ** зат. *Беймағлұм біреу.*

**ҚАЙЗА=** ет. *Тіс арасына не қызыл иекке салып қажалау, шайнау.*

**ҚАЙЗАЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта қажалау, шайнау, талмау.* **2.** ауыс. *Жаншу, езгілеу.*

**ҚАЙЗАЛАУ** *Қайзала етістігінің қимыл атауы; қажалау.*

**ҚАЙЗАҢ: қайзаң-қайзаң етті [еткізді].** *Әрлі-берлі талмады, қажалады.*

**ҚАЙЗАНДА=** ет. *Ауызға алып әрлі-берлі жүгірту, талмау, қажалау.*

**ҚАЙЗАҢДАУ** *Қайзаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЙ=** ет. **1.** *Кейін қарай шалқаю.* **2.** *Ағаш, темір т.б. заттардың майысып, бір басының көтеріліп қалуы.* **3.** ауыс. *Менменсіп әлдеқандай болу, кекірею.* **4.** ауыс. *Тайып тұру, тартып отыру, кете беру.* **5.** ауыс. *Үзілуге шақ тұру, әрең қалу.*

**Қайқайып шықты.** *Аспанға тез самғап көтерілді.*

**ҚАЙ-ҚАЙ=** есім. *Қандай.*

**ҚАЙ-ҚАЙДАҒЫ** сын. **1.** *Не болса сол, мәнсіз бірдеңе, неше түрлі бір ұнамсыз, қайдағы-жайдағы.* **2.** *Ойда жоқ, ескерусіз.*

**ҚАЙҚАЙМА**[1] зат. *Өкшесі аласа, тұмсығы қайқиған етік.*

**ҚАЙҚАЙМА**[2] сын. *Ернеуінен асып толған, үйме.*

**ҚАЙ-ҚАЙСЫ** есім. *Кез келгені, көрінгені; бәрі.*

**ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ** есім. *Кез келгені, бәрі де, түгел.*

**ҚАЙҚАЙТ=** ет. *Шалқайту, құйрығын, қанатының ұшын жоғары көтеру.*

**ҚАЙҚАЙТУ** *Қайқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЙЫҢҚЫ** сын. *Кейін қарай иілің кі, аздап шалқайыңқы, қайқы.*

**ҚАЙҚАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Шалқая түсу, белі майысу.*

**ҚАЙҚАҚ** сын. **1.** *Қайқаңдағыш, бұлталақтағыш, қашқалақтағыш.* **2.** ауыс. *Кердеңдеген, шалқақ, менмен.*

**ҚАЙҚАҚТА=** ет. **1.** *Басты шалқайтып кекірею, шалқақтау.* **2.** *Белі майысу, қайқаңдау, қиналу.* **3.** ауыс. *Сылтауратып тайсақтау, бұлтақтау.*

**ҚАЙҚАҚТАУ** *Қайқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАҚТЫҚ** зат. **1.** *Қайқайып қалғандық, қайқаңдаушылық.* **2.** ауыс. *Кердеңдеген қылық, кекірейюшілік, шалқақтық.*

**ҚАЙҚАЛА**[1]**=** ет. *Ернеуінен аса шұпілдеп толу.*

**ҚАЙҚАЛА**[2]**=** ет. *Жүгі ауырлап, белі қайқайып, қайқаңдап зорға жүру.*

**ҚАЙҚАЛАҚ** зат. **1.** *Қайқаң-қайқаң еткендік.* **2.** ауыс. *Сылтауратып былқ-сылқ еткен солқылдақтық, бұлталақтық.*

**ҚАЙҚАЛАҚТА=** ет. **1.** *Әрлі-берлі теңселу, тәлтіректеу, қайқаң-қайқаң ету, бұлталақтау.* **2.** ауыс. *Қарсылық ету, көнбей қою, қашқалақтау.*

**ҚАЙҚАЛАҚТАТ=** ет. *Әрлі-берлі теңселту.*

**ҚАЙҚАЛАҚТАТУ** *Қайқалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЛАҚТАУ** *Қайқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЛАҢ** зат. сөйл. ***Қайқалақ.***

**ҚАЙҚАЛАҢДА=** ет. ***Қайқалақта.***

**ҚАЙҚАЛАҢДАТ=** ет. *Теңселту, тәлтіректету.*

**ҚАЙҚАЛАҢДАТУ** *Қайқалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЛАҢДАУ** *Қайқаланда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЛАТ=** ет. *Ернеуінен асыра, шұпілдету.*

**ҚАЙҚАЛАТУ** *Қайқалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚАЛАУ** *Қайқала етістігінің қимыл атауы; белі майысу.*

**ҚАЙҚАҢ**[1] зат. **1.** *Тау, жотаның биіктеу жері, кішігірім белең.* **2.** *Биіктеп, көтеріле түсетін өр.*

**ҚАЙҚАҢ**[2] елік. *Қайқайған, шалқайған қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қайқаң етті.** а) *Бұлт етті, қайқайған шалт қимыл жасады.* ә) *Тайқып шыға келді.* **Қайқаң қақты.** а) *Қайқаң-қайқаң етті, зыр қақты.* ә) *Белі майысып, қайқақтап қиналды.* б) *Шалқалап барып, тік көтерілді.*

**ҚАЙҚАҢ**[3] сын. **1.** *Ойыстау келген, қайқы, иілің кі.*

**ҚАЙҚАҢДА=** ет. **1.** *Қайқаю, қайқалақтау.* **2.** *Қайқақтау; майман қағу.* **3.** *Ауыр жүктен белдің ойысуы, теңселе басу.* **4.** ауыс. *Паңданып кергу, кердеңдеу.*

**ҚАЙҚАҢДАТ=** ет. *Белін, арқасын, құйрығын қайқайтып алу.*

**ҚАЙҚАҢДАТУ** *Қайқаңдат етістігінің қимыл атауы; қайқитып алу.*

**ҚАЙҚАҢДАУ**[1] сын. **1.** *Биіктей түскен, өрлеу.* **2.** *Қайқылау.* **3.** *Шалқақтау.*

**ҚАЙҚАҢДАУ**[2] *Қайқаңда етістігінің қимыл атауы; кекірейіп, шалқақтап жүру.*

**ҚАЙҚАҢ-ҚАЙҚАҢ** елік. *Қайқаң-қайқаң етіп, теңселе басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Қайқаң-қайқаң етті.** *Қайқаңдап жүрді, қайқаңдады; бұлғаңдады.*

**ҚАЙҚАЮ** *Қайқай етістігінің қимыл атауы; кекірейіп, шалқақтап жүру.*

**ҚАЙҚИ=** ет. **1.** *Кейін қарай иіле, шалқая түсу.* **2.** *Кегжию, кейкию.*

**ҚАЙҚИТ=** ет. *Кейін қарай иілдіру, шалқайту; қайқайту.*

**ҚАЙҚИТУ** *Қайқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚИЫҢҚЫ** сын. *Кейін қарай қайырыла түскен, қайырылыңқы, қайқайған.*

**ҚАЙҚИЫҢҚЫЛАУ** сын. *Кейін қарай иілің кілеу, қайырылыңқылау, түрің кі.*

**ҚАЙҚИЮ** *Қайқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙҚЫ**[1] зат. **1.** *Таудың тік беті, өр, қайқаң.* **2.** *Томпақ, дөңес.*

**Қайқы бел.** *Беларқасы қайқылау жылқы.* **Қайқы мұрын.** *Ұш жағы қайқиып келген мұрын.* **Қайқы мүйіз.** *Ұшы қайқайып біткен мүйіз.*

**ҚАЙҚЫ**[2] сын. *Қайырыла түскен, имек.*

**ҚАЙҚЫҚАНАТ** зат. өс. *Көпжылдық, шөп тектес өсімдік. Сабағы тік. Жапырақтары майда.*

**ҚАЙҚЫҚАРА** зат. өс. *Малға жұғымды шөптердің бірі. Кекірленіп, шөптің де майлы, жұғымдысын талғай-таңдап жұлады.*

**ҚАЙҚЫЛА=** ет. *Имектеп қайыра түсу, қайқиту.*

**ҚАЙҚЫЛАН=** ет. *Имектеліп қайырыла түсу.*

**ҚАЙҚЫЛАУ**[1] *Қайқыла етістігінің қимыл атауы; имектеп қайыру.*

**ҚАЙҚЫЛАУ**[2] сын. *Сәл кейін қарай иіле түскен, имектеу.*

**ҚАЙҚЫЛЫҚ** зат. *Кері қарай иілгендік, имектік.*

**ҚАЙЛА**[1] зат. *Бір не екі жағы бірдей сүйір, кейде бір жағы енсіз қалақ сияқты, жер қазу жұмыстарында пайдаланылатын ағаш сапты темір құрал, балта-шот.*

**ҚАЙЛА**[2] зат. ескікіт. ***Айла.***

**ҚАЙЛАЛА=** ет. *Қайламен соғу, ұру, жер қазу.*

**ҚАЙЛАЛАС** сын. *Жер қазу, кен қазу жұмысында бірге істеген (адам).*

**ҚАЙЛАСЫЗ** сын. ескікіт. *Айласыз, амалсыз.*

**ҚАЙЛА-ШАРҒЫ** зат. ескікіт. *Амал, айла-әрекет.*

**ҚАЙЛАШЫ** зат. *Қайламен жер, кен қазатын жұмысшы.*

**ҚАЙЛЫҚ** зат. *Қодас пен сиырды шағылыстыру нәтижесінде алынған мал.*

**ҚАЙМАҚ** зат. **1.** *Сүттің бетіне жиналған майлы қабаты.* **2.** ауыс. *Көптің ішіндегі бетке ұстары, таңдаулысы. // Қаймақы, жұп-жұқа.*

**Қаймағы бұзылмады.** а) *Тұтасып тұрды, сейілмеді, ыдырамады.* ә) *Шашау шықпады, шашылмады.* б) *Бүлінбеді, тиіспеді, ешкім тимеді.* в) *Ынтымағы жарасты, ауызбірлігі берік болды.* **Қаймағын бұзбай сақтады.** *Сол күйі қалдырды, ешбір өзгертпей, тиіспей сол күйі сақтады.* **Қаймағын бұзды.** *Бүлік салды, тыныштығын алды, ауызбірлігіне зиян келтірді.* **Қаймақ ауыз.** *Сүйкімді, ерні қаймыжықтай жұқа ауыз.* **Қаймақ қатты.** *Майға т.б. қаймақ қосты.*

**ҚАЙМАҚТА=** ет. **1.** *Қаймақ қосу, қаймақ қату.* **2.** *Қағырлану, қаймақшу.*

**ҚАЙМАҚТАЙ** сын. *Қаймыжықтай, жұпжұқа.*

**ҚАЙМАҚТАЛ=** ет. сөйл. ***Қаймақтан.***

**ҚАЙМАҚТАЛУ** *Қаймақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙМАҚТАН=** ет. *Сұйықтың бетіне кілегейленіп жұқа қабат тұру.*

**ҚАЙМАҚТАНАУ** сын. *Адам мұрнының пішіні, жұқа танау.*

**ҚАЙМАҚТАТ=** ет. *Шайға қаймақ қосу; қаймақ қату.*

**ҚАЙМАҚТЫ** сын. **1.** *Қаймағы бар.* **2.** ауыс. *Қою, қоймалжың.*

**ҚАЙМАҚШЫ=** ет. **1.** *Жайлап қата бастау.* **2.** *Шымырлап, дір-дір етіп жату.* **3.** ауыс. *Жым-жырт тыныштық орнау, мүлгу.*

**ҚАЙМАҚШЫТ=** ет. **1.** *Судың бетінде жұқа қабықша сияқты қабат жасап шымырлату.* **2.** *Қардың бетін толқындандыру, жалдандыру.*

**ҚАЙМАҚШЫТУ** *Қаймақшыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙМАҚШУ** *Қаймақшы етістігінің қимыл атауы; жайлап қата бастау.*

**ҚАЙМАҚЫ** сын. *Қаймыжықтай, жұпжұқа.*

**ҚАЙМАЛ** сын. *Қайымал, қайып кеткен (інген).*

**ҚАЙМАЛША** зат. түйе шар. **1.** *Үштөрт жас аралығындағы боталамаған ұрғашы түйелердің барлық түрінің атауы.* **2.** *Құнажын жасына жетпей-ақ күйті келіп, бұрадан өз бетімен қайып кеткен тайлақ.*

**ҚАЙМАЛЫ** сын. *Қайыған, қайымал (күйті келген түйе).*

**ҚАЙМАЛЫС=** ет. *Әр нәрсені ермек қылысу.*

**ҚАЙМАНА** сын. *Еш қатысы жоқ, көлденең, бөтен, бөгде.*

**ҚАЙМАҢДА=** ет. **1.** *Ернін, жағын әрлі-берлі қозғау, қайзаңдау.* **2.** *Жасқану, тайсалу.*

**ҚАЙМАҢДАУ** *Қаймаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙМЕНЕ** сын. сөйл. ***Қаймана.***

**ҚАЙМИ=** ет. *Ерні жұп-жұқа болып түрілу.*

**ҚАЙМИЮ** *Қайми етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙМЫҒУ** *Қаймық етістігінің қимыл атауы; қорқу, жүрексіну, жасқану.*

**ҚАЙМЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Қаймыға түсу, тайсалып жасқаныңқырау, именің кіреу.*

**ҚАЙМЫҒЫҢҚЫРАУ** *Қаймығыңқыра етістігінің қимыл атауы; жасқаныңқырау, қорқыңқырау.*

**ҚАЙМЫЖЫҚ** сын. *Қабыршақтай жұқа, қаймақтай.*

**ҚАЙМЫЖЫҚТА=** ет. *Кібіртіктеу.*

**ҚАЙМЫЖЫҚТАЙ** сын. *Үлбіреген жұпжұқа, қаймақтай.*

**ҚАЙМЫЖЫҚТАН=** ет. *Қабыршақтану, жұқару.*

**ҚАЙМЫЖЫҚТАУ** *Қаймыжықта етістігінің қимыл атауы; жұқару.*

**ҚАЙМЫҚ=** ет. *Бата алмау, жүрегі дауаламау; сескену, имену, жасқану.*

**ҚАЙМЫҚҚЫШ** зат. *Жасқаншақ, сескенгіш.*

**ҚАЙМЫҚТЫР=** ет. *Сескендіру, ықтыру, жасқандыру.*

**ҚАЙМЫҚТЫРУ** *Қаймықтыр етістігінің қимыл атауы; сескендіру, жасқандыру.*

**ҚАЙМЫҚШЫТ=** ет. *Судың бетін дірілдету, қимылдату.*

**ҚАЙМЫЛЖЫ=** ет. *Үлбіреу.*

**ҚАЙНА=** ет. **1.** *Қатты қызудың әсерінен бұрқылдау, сарқылдау.* **2.** ауыс. *Ыстық соғу, шыжу.* **3.** ауыс. *Екпіні үдеп, күшейе, қыза түсу.* **4.** ауыс. *Қаптап кету, құжынап жату.* **5.** ауыс. *Ыза кернеу, қатты ашулану.* **6.** ауыс. *Оттай жайнау, жалын ату.*

**Қайнаған қазан бауырына төгілгір.** қарғыс. *Күйіп қалғыр, күйіп өлгір.* **Қайнаған қазандай.** *Қазан сияқты болып; екпіні артып,*

*күшейіп.* **Қайнаған орта**. *Көптің арасында, нағыз көп шоғырланған жерде.* **Қайнап біткен болаттай.** *Балқып шыныққан болаттай; құйған құрыштай.* **Қайнап өсті.** *Еңбек етіп, жұмыспен шынықты.* **Қайнап шықты.** а) *Шынығып, шыңдалып, пісіп жетілді.* ә) *Ыза кернеп, бұрқ етті.* **Қайнауы жетті.** *Пісіп жетілді.*

**ҚАЙНАҒА** зат. этн. *Қайын жұрт жағының жасы үлкен ер адамы.*

**ҚАЙНАҒАЛА=** ет. сөйл. *Қайнаға деп атау.*

**ҚАЙНАҚ** сын. **1.** *Қайнап тұрған, қайнаған.* **2.** *Өте ыстық, күйіп тұрған.*

**ҚАЙНАҚАЙ** сын. жерг. *Келісті, жайнаң қаққан.*

**ҚАЙНАҚТА=** ет. *Тыншып тұра алмай қозғалақтау, ойнақшу.*

**ҚАЙНАМ**: **қазан қайнам**. *Қазанның қайнау уақытына сәйкес уақыт ұзақтығын білдіретін халықтық өлшем.*

**ҚАЙНАҢ**: **қайнаң қақты**. *Қайнақтап ойнақшу, жайнаң қағу.*

**ҚАЙНАҢДА=** ет. **1.** *Бабын таба алмай қипақтау, жалтақтау.* **2.** *Жалақтап жалмаңдау; жайнаңдау.*

**ҚАЙНАҢДАТ=** ет. *Жалақтап жалмаңдату, көзін аударып-төңкеру.*

**ҚАЙНАҢДАУ** *Қайнаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙНАП-ПІС=** ет. **1.** *Тағам дайын болып, ішіп-жеу күйіне жету.* **2.** ауыс. *Шыңдалып шынығу.*

**ҚАЙНАП-ПІСУ** *Қайнап-піс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙНАР** зат. **1.** *Судың шымырлап шығып жататын жері, бұлақтың басы, бастау.* **2.** ауыс. *Молшылық қоры, береке көзі.*

**Қайнар бұлақ [көз]**. а) *Жерден, тастың түбінен шымырлап шығатын су; бастау, қайнар.* ә) *Сарқылмас байлық, таусылмас қор; нәр алар жер, көз.*

**ҚАЙНАРДАЙ** сын. **1.** *Қайнар сияқты; мөлдір, тұнық.* **2.** ауыс. *Түпсіз терең.*

**ҚАЙНАРЛЫ** сын. *Сулы, қайнар бұлағы бар.*

**ҚАЙНАС=** ет. *Бірігіп тұтасу, сіресіп қатып қалу.*

**ҚАЙНАТ=** ет. *Суды бұрқылдағанға дейін қатты ысыту, шайға су дайындау.*

**Қайнатқан құрт.** *Жиналған іркітті қайнатып, сорғытып, кептірген құрт.*

**ҚАЙНАТҚЫЗ=** ет. *Суды қайнаттыру.*

**ҚАЙНАТҚЫШ** зат. *Су қайнататын аспап.*

**ҚАЙНАТПА[1]** зат. *Жемдік, дәрілік заттың қайнатқаннан кейінгі нәрі, маңызы.*

**Қайнатпа құрт.** *Сузбені қайнатып істеген құрт.*

**ҚАЙНАТПА[2]** зат. *Жеміс-жидектен қайнатып жасалған тәтті тағам; тосап.*

**ҚАЙНАТТЫР=** ет. *Сұйық затты (су, сүт т.б.) бұрқылдап қайнағанша отқа қойып ысыттыру, шай қойдыру.*

**ҚАЙНАТТЫРУ** *Қайнаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙНАТУ** *Қайнат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙНАТУШЫ** зат. *Балқытатын, қайнататын адам.*

**ҚАЙНАТЫЛ=** ет. **1.** *Шай қойылу.* **2.** *Отқа қойылып, сүтке не суға т.б. пісірілу.*

**ҚАЙНАТЫЛУ** *Қайнатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙНАТЫМДАЙ** сын. *Шайдың бір салымдай мөлшері.*

**ҚАЙНАТЫНДЫ** зат. **1.** *Қайнатқан нәрсенің маңызы, шыққан сұйықтық.* **2.** *Бір қайнатып тұндырып қойған сұйықтық.*

**ҚАЙНАУ** *Қайна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Отқа қойылған судың немесе басқа да сұйық заттардың бұрқылдап-сарқылдауы.* **2.** *Балқу, еру, қорытылу.* **3.** ауыс. *Шырығу, ширау.*

**ҚАЙНАУЛЫ** сын. *Қайнаған, даяр тұрған.*

**ҚАЙНЫ** зат. этн. *Қайын жұрт жағының ерлі-зайыптылардан жасы кіші ер адамдарының жездесі мен жеңгесіне туыстық қатысы.*

**ҚАЙНЫЛЫҚ** зат. этн. *Қайнының жеңге мен жездеге жасайтын әзіл-оспақ ойыны.*

**ҚАЙПАҚ** сын. жерг. *Қаймығып именгіш, жалтақ.*

**ҚАЙПАҚТА=** ет. *Тайсалып жасқану, жалтақтау, қипақтау.*

**ҚАЙПАҢ** сын. сөйл. ***Қайпақ.***

**ҚАЙПАҢДА=** ет. ***Қайпақта.***

**ҚАЙПАҢДАУ** *Қайпаңда етістігінің қимыл атауы; жасқану, қайпақтау.*

**ҚАЙРА** зат. зоол. *Солтүстік теңіз аралдарындағы жағалауларда мекендейтін теңіз құсы.*

**ҚАЙРА=** ет. **1.** *Кескіш заттың жүзін егеп, өткір ету.* **2.** ауыс. *Қуат беру, жігерлендіру.* **3.** ауыс. *Қолтыққа дым бүрку, айдап салу, өшіктіру.*

**Қайрап салды.** *Біреуді-біреуге айдап салды, шағыстырды.* **Қайрауы жеткен.** а) *Бабына келіп өткірленген.* ә) *Шыңдалып бабына келген.*

**ҚАЙРАҒЫШТА=** ет. **1.** *Өткірлеу үшін қайта-қайта егей түсу.* **2.** ауыс. *Қайта-қайта жігерлендіріп, күш-қуат беру.*

**ҚАЙРАҒЫШТАУ** *Қайрағышта етістігінің қимыл атауы; егелеу.*

**ҚАЙРАҚ** зат. **1.** *Құрал-сайманның жүзін өткірлеу үшін арнайы дайындалған сопақша тас, білеу.* **2.** ауыс. *Намысын оятушы, жігерлендіруші.*

**Қайрақ болды.** зат. *Намысына тиді, қайрады.*

**ҚАЙРАҚТАЙ** сын. **1.** *Жұп-жұқа келген, жұқалтым.* **2.** *Қатқыл, мығым, шымыр.*

**ҚАЙРАҚТАН=** ет. *Қатпар-қатпар болып қатталу.*

**ҚАЙРАҚТАС** зат. *Жұқалау кеген, кішігірім жалпақ тас.*

**ҚАЙРАҚТЫҚ** сын. *Қайрақ боларлық, қайраққа жарарлық.*

**ҚАЙРАҚША** зат. *Төрт қырлы, үш қырлы немесе дөңгелек қималы ажарлағыш немесе жоңғыш сопақтау тас.*

**ҚАЙРАҚШЫ** зат. *Кескіш құралды өткірлеп, қайраушы адам.*

**ҚАЙРАҚШЫЛЫҚ** зат. *Қайраушы болып жұмыс істеушілік.*

**ҚАЙРАЛ=** ет. **1.** *Өткірлену, егелу, пісіп-жетілу, бабына келу, шыңдалу.* **2.** ауыс. *Жігерлену.*

**ҚАЙРАЛУ** *Қайрал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙРАН[1]** зат. **1.** *Сеп, көмек, жәрдем.* **2.** *Әл-дәрмен, қауқар.*

**ҚАЙРАН[2]** [ар. حيران] од. **1.** *Бір нәрсеге өкінгенде, күйінгенде айтылатын әттең, шіркін, есіл деген мағынадағы көңіл-күйді білдіретін сөз.* **2.** *Сағыну, аңсау мәніндегі көңіл-күйді білдіретін сөз.*

**ҚАЙРАН[3]** үст. *Дал, аң-таң.*

**Қайран болды.** *Қатты таңданды, таңғалды.* **Қайран заман-ай!** экспр. *Қандай кез, дәуір еді мағынасында өкіну, қимау сезімін білдіреді.* **Қайран қалды.** *Дал болды, таңырқады, таңғалды, таң-тамаша болды, сүйсінді.*

**ҚАЙРАНСЫЗДЫҚ** зат. *Әлсіздік, дәрменсіздік.*

**ҚАЙРАҢ** зат. *Өзеннің, көлдің және теңіздің жайпауыт таяз жері.*

**Қайраңға отырды.** *Қиын-қыстау жағдайға душар болды.*

**ҚАЙРАҢДА=** ет. **1.** *Судың таяыз жеріне кезігіп, жүзе алмай қалу.* **2.** ауыс. *Қиындыққа душар болып, ошарылу.* **3.** ауыс. *Шыға алмай қалу, шектелу, тосылу.*

**ҚАЙРАҢДАТ=** ет. *Қиындыққа душар ету, малтықтыру, тосылдыру.*

**ҚАЙРАҢДАТУ** *Қайраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙРАҢДАУ[1]** *Қайраңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Судың таяыз жеріне кезігіп, жүзе алмай қалу.* **2.** *Тосылу, кедергіге ұшырау.*

**ҚАЙРАҢДАУ[2]** сын. *Жайдақ келген, тайыздау.*

**ҚАЙРАҢДЫ** сын. *Қайраңы бар, қайраңы көп.*

**ҚАЙРАС=** ет. *Кескіш заттардың (пышақ, балта т.б.) жүзін бірлесіп егеу, өткірлесу.*

**ҚАЙРАСУ** *Қайрас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙРАТ=** ет. *Өткірлету, жүзін егету.*

**ҚАЙРАТ** зат. *Күш-қуат, қажыр, жігер.*

**Қайрат берді.** *Күш-қуат қосты, жігерлендірді, дем берді.* **Қайрат жинады [шақырды].** *Әлденді, бойына күш-қуат жинады.* **Қайрат кернеді.** *Күшейді, күш-қуаты артты.* **Қайрат көрсетті.** *Күш-жігерін салды, қажырлылық істеді, күш көрсетті, қарсылық білдірді.* **Қайратқа мінді.** *Қаһарланды, күш-жігер жинап, айбар көрсетуге бекінді.* **Қайрат қылды.** а) *Қажырлы еңбек етті.* ә) *Еңсесін көтерді.* б) *Күш көрсетті, қарсыласты.* **Қайрат шақырды.** *Жігерленді, қайраттанды.* **Қайраты асты.** а) *Қуат жинады, бойына күш бітті.* ә) *Күш-қуаты тасыды, артты.* **Қайраты кернеді.** *Күш-қуаты тасыды.* **Қайраты қажыды.** *Күш-қуаты кеміді, шаршады, қартайды.* **Қайраты қайтты [қашты]**. *Күш-қуаты кетті, әлсіреді.* **Қайраты қара тастай.** *Күшті, орасан, жойқын.* **Қайраты қаулады**. *Күш-қуаты артты.* **Қайратына мас болды.** *Күшіне сенді.* **Қайратын бойына жиды.** *Белін бекем буынды, қайраттанды.* **Қайратын жаныды.** *Ерлікке шақырды., жігерлендірді.* **Қайратын қайрады.** *Қайраттанды, өзіне-өзі күш берді.* **Қайраты селге кетті.** *Босқа әуре болды.*

**ҚАЙРАТ-ЖІГЕР** зат. *Бойдағы ынтасы, күш-қуат.*

**ҚАЙРАТКЕР** зат. *Қоғамдық қызметке, қоғамның қандай да бір саласына белсене қатысып, үлкен беделге ие болған тұлға.*

**ҚАЙРАТКЕРЛІК** зат. *Қоғам мүддесіне аянбай еңбек, қызмет етушілік.*

**ҚАЙРАТ-КҮШ** зат. *Қуат, күш-жігер.*

**ҚАЙРАТСЫЗ** сын. *Күш-қуаты нашар, әлсіз, қауқарсыз.*

**ҚАЙРАТСЫЗДЫҚ** сын. *Күш-қуатсыздық, әлсіздік, қауқарсыздық, бостық.*

**ҚАЙРАТТАН=** ет. *Күш жиып, қуаттану, жігерлену.*

**ҚАЙРАТТАНДЫР=** ет. *Күш, қуат беру, дем беру, жігерлендіру.*

**ҚАЙРАТТАНДЫРУ** *Қайраттандыр етістігінің қимыл атауы; күш, қуат беру.*

**ҚАЙРАТТАНУ** *Қайраттан етістігінің қимыл атауы; күш-қуатқа ие болу, жігерлену.*

**ҚАЙРАТТЫ** сын. **1.** *Күш-қуаты мол, мықты, қажырлы, әлеуетті.* **2.** ауыс. *Жұмсақ емес, қатқыл, қатты.* **3.** ауыс. *Еркінен айыратын, өз ықпалына бағындыратын әсерлі, күшті.*

**ҚАЙРАТТЫЛЫҚ** зат. *Күш-қуаты молдық, мығымдылық, қажырлылық, мықтылық.*

**ҚАЙРАТТЫР=** ет. **1.** *Біреуге қайратып, өткірлетіп алу.* **2.** ауыс. *Жігерлендіру, күш беру.*

**ҚАЙРАТТЫСУ=** ет. *Мықтысыну, күшті болып көрінуге тырысу.*

**ҚАЙРАТУ** *Қайрат етістігінің қимыл атауы; өткірлету, егету.*

**ҚАЙРАУ** *Қайра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өткірлеу, жүзін егеу.* **2.** ауыс. жағымды. *Қуат беру, жігерлендіру, демеу.* **3.** жағымсыз. *Айдап салу, қолтыққа дым бүрку.*

**Қайрауы жеткен.** *Бабына келген, шың-далған.*

**ҚАЙРАУЛЫ** сын. *Қайралып даяр тұрған, қайралған.*

**ҚАЙРАУСЫЗ** сын. *Қайралмаған, өткірленбеген.*

**ҚАЙРАУШЫ** зат. *Қайрақ, егеумен құралдың жүзін өткірлейтін кісі.*

**ҚАЙРАУЫҚ** зат. *Әуез аспабы.*

**ҚАЙРЕТ-ҚАЙРЕТ** од. этн. *Шағылыстыру кезінде бураны інгенге шөгеру үшін айтылатын сөз.*

**ҚАЙРИЯТ** [ар. خيريات] зат. көне. *Жақсылық, жәрдем берушілік, қолдаушылық.*

**ҚАЙРЫЛ=** ет. **1.** *Бұрылу.* **2.** *Қайта айналып келу, соғу.*

**ҚАЙРЫМСЫЗ** сын. сөйл. ***Қайырымсыз*** *(мейірімсіз, қатал, қайырымы жоқ).*

**ҚАЙСАҚТА=** ет. жерг. *Именіп бата алмау, тайсақтау.*

**ҚАЙСАҚТАУ** *Қайсақта етістігінің қимыл атауы; именіп бата алмау, тайсақтау.*

**ҚАЙСАҢ** ел. *Қайқаң, бұлт еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**ҚАЙСАҢ: қайсаң қақты**. *Шыдамады, бұлт етіп айнып шықты.*

**ҚАЙСАҢДА=** ет. ***Қисаңдау***.

**ҚАЙСАҢДАТ=** ет. *Қайсаң-қайсаң еткізу, қайқаңдату.*

**ҚАЙСАҢДАУ** *Қайсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙСАР**[1] [ар. قيصر ] сын. **1.** *Алған бетінен қайтпайтын өжет, батыл.* **2.** *Тайсалмайтын бірбет, табанды.*

**Қайсар мінез.** *Алған бетінен қайтпайтын, бірбет мінез.*

**ҚАЙСАР**[2] зат. ескі кіт. *Патша, император, цезарь.*

**ҚАЙСАРЛАН=** ет. *Тайсалмай батылдану, өжеттену.*

**ҚАЙСАРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Өжеттендіру.* **2.** ауыс. *Асқақтату, шарықтату.*

**ҚАЙСАРЛАНДЫРУ** *Қайсарландыр етістігінің қимыл атауы; өжеттендіру.*

**ҚАЙСАРЛАНУ** *Қайсарлан етістігінің қимыл атауы; өжеттену, табандылық көрсету.*

**ҚАЙСАРЛАУ** сын. *Тайынбайтын, батылдау, өжеттеу.*

**ҚАЙСАРЛЫ** сын. сөйл. ***Қайсар***.

**ҚАЙСАРЛЫҚ** зат. *Қайтпас батылдық, табандылық, өжеттік.*

**ҚАЙСАРЫС=** ет. *Алған бетінен қайтпау, қасарысу.*

**ҚАЙСЫ** есім. *Саралап білу мақсатымен айтылатын сұрау сөз.*

**ҚАЙСЫБІР** есім. **1.** *Бәрі емес, кейбір.* **2.** *Қайсысы, кейбірі.* **3.** *Қандай да бір, қандай.*

**Қайсыбірін айтайын.** сөйл. *Бәрін айтып жататындай емес; несін айта берейін.*

**ҚАЙСЫБІРДЕ** үст. *Оқта-текте, кейде.*

**ҚАЙСЫБІРЕУ** есім. *Кей, кейбіреу, қайбіреу.*

**ҚАЙТ**[1]**=** ет. **1.** *Шыққан орнына оралу, қайыра келу.* **2.** *Өткір заттың өтпей қалуы, жүзінің мұқалуы.* **3.** ауыс. *Әуелгі пікірінен өзгеру, таю.* **4.** *Бұрынғы қалыптан төмендеу, бәсеңдеу, кему.* **5.** ауыс. *Дүние салу, өлу.*

**Қайтар жолы кесілді.** *Қайрылмастай болып бір-бірімен қатынасын мүлдем үзді.* **Қайт болмады.** жерг. *Айтылған сөзді екі етпеді, айтқаны орындалды.* **Қайтқан [қалған] көңіл – шыққан жан**. *Қатты ренжу, біреуден көңілі қалу.* **Қайтқан құстай.** *Қайтқан құстар сияқты.* **Қайтқан малдың қайыры бар.** *Біреуге берген, кеткен нәрсенің қандай да бір себеппен өзіне қайтып келгенінде айтылатын сөз.* **Қайтқан судай.** *Ағын судың азайып, деңгейінің төмендегені сияқты.* **Қайтқан тырнадай.** *Қайтқан тырналар сияқты бірінің артынан бірі шұбалып, тізіліп.* **Қайт қылмады [болмады**]. *Айтқанын екі етпей орындады.*

**ҚАЙТ**[2]**=** ет. *Қалай ету, не істеу, не қылу.*

**Қайткен күнде.** *Қалай еткенде де, не қылғанда да.* **Қайткен күнде де.** *Қайтсе де, қалай да, сөзсіз.*

**ҚАЙТА** үст. **1.** *Тағы да, қайтадан, қайыра.* **2.** *Әуелгі істен басқаша, соған керісінше.*

**Қайта айдау**. *Сұйықтықты (судың, мұнайдың т.б.) қыздыру арқылы құрамын ажыратып тазарту, сүзу.* **Қайта айналтты.** *Кері оралтты, қайтарды.* **Қайта қарау.** кіт. *Белгілі бір заң, жоба т.с.с. жетілдіру, нақтылау, жөндеу мақсатында құзырлы органдардың осы құжаттармен қайта айналысуы.* **Қайта оралмайды.** *Қайырылмайды, қайталанбайды.* **Қайта өрлеу дәуірі.** *Еуропа елдерінің мәдениет тарихында антикалық дәуірдің гуманистік көзқарастары менсұлулық идеяларына қайта оралуымен сипатталатын мәдени кезең (14 ғ. ортасы мен 16 ғасырдың аяғы)*. **Қайта келді.** *Кері оралды.* **Қайта құру.** а) саяси. *Қоғамдық, экономикалық жүйені басқаша ұйымдастыру.* ә) саяси. тар. *20 ғ-дың 80 жылдарында КСРО-дағы әміршілдік жүйені саяси-экономикалық жүйедегі тоқырауды реформалау үшін пайда болған саяси экономикалық атау.* **Қайта күйсеу.** ауыс. *Айнып қалу.*

**ҚАЙТАДАН** үст. *Екінші рет, қайыра; жаңадан.*

**ҚАЙТАКРИСТАЛДАНУ** зат. машинажасау. **1.** *Бастапқы деформацияланған фазалар түйіршіктерінен жетілген құрылымы бар үлкен бұрышты шекарамен қоршалған түйіршіктердің пайда болуы және өсуі.* **2.** *Деформацияланған металда немесе қорытпада жаңа түйіршіктердің пайда болуы және өсуі немесе тек сол фазаның басқа түйіршіктерінің өсуі арқылы құрылымдық жетілудің арту және деформацияға дейінгі қасиеттердің қалпына келу процесі.*

**ҚАЙТА-ҚАЙТА** үст. *Әлсін-әлсін, жиі, дамыл-дамыл.*

**ҚАЙТАЛА=** ет. **1.** *Тағы да, қайтадан айту.* **2.** *Белгілі бір әрекетті екінші рет жасау.* **3.** *Еске түсіру, пысықтау.* **4.** *Әуелгі сырқатпен қайта ауырып қалу.*

**ҚАЙТАЛАҒЫШ** сын. *Бірнеше рет қайталайтын.*

**ҚАЙТАЛАҚТА=** ет. *Тағы да қайталану.*

**ҚАЙТАЛАҚТАУ** *Қайталақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАЛАМА**[1] сын. **1.** *Екінші рет, қайта болатын.* **2.** *Бұрын пайдаланылған, қайта өңдеуге жататын.*

**Қайталама сүзек.** мед. <лат. typhus recurrens> *Ауру қоздырғышы ирек пішінді спирохета бактериялары болып табылатын, жедел басталатын жұқпалы ауру.*

**ҚАЙТАЛАМА**[2] зат. жаңа. *Балама, альтернатива.*

**ҚАЙТАЛАМАЛЫ** сын. *Бірнеше рет қайталанатын.*

**ҚАЙТАЛАН=** ет. **1.** *Қайта оралу, қайта соғу.* **2.** *Қайта айтылу.*

**Қайталанып тұру**. *Белгілі бір әрекеттің тұрақты түрде қайталануы.*

**ҚАЙТАЛАНБАС** сын. *Қайталанбайтын, сирек ұшырасатын.*

**ҚАЙТАЛАНҒЫШТЫҚ** зат. хим. *Белгілі бір әдістеме бойынша бірдей жағдайда қойылған эксперимент қорытындыларының жуық дәрежесін сипаттайтын түсінік.*

**ҚАЙТАЛАНУ** *Қайталан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қайта оралу, қайта соғу.* **2.** *Тағы да қолданылу.*

**ҚАЙТАЛАНЫЛ=** ет. ***Қайталан.***

**ҚАЙТАЛАТ=** ет. *Іс-әрекетті қайта орындату; қайта айтқызу.*

**ҚАЙТАЛАТҚЫЗ=** ет. *Істі, әрекетті қайта жасатқызу.*

**ҚАЙТАЛАТҚЫЗУ** *Қайталатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАЛАТТЫР=** ет. ***Қайталатқызу.***

**ҚАЙТАЛАТТЫРУ** *Қайталаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАЛАТУ** *Қайталат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАЛАУ** *Қайтала етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Белгілі бір әрекетті екінші рет жасау.* **2.** *Қайта айту.*

**ҚАЙТАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Екінші рет істеушілік, сол күйінде қайыра іске асырушылық.*

**ҚАЙТАЛАУЫШ** зат. инф. *Мәліметтерді жеткізу желісінде сигналдың әлсіреп өшуін болдырмау үшін оны үстемелеп қайта күшейтіп әрі қарай жеткізетін құрылғы.*

**ҚАЙТАӨНДІРГІШ** зат. физ. *Байланыс жолындағы сандық сигнал тізбегінің пішінін, амплитудасын, уақыттық сипаттамаларын қалпына келтіруге арналған құрылғы.*

**ҚАЙТАР=** ет. **1.** *Кейін, кері қайыру.* **2.** *Бір істі қайталап істеу.* **3.** *Айтылған сөзді бірнеше рет айту.*

**Қайтар жолды кесу.** *Бір шешімге келмей қайтпайтындай болып бекіну.*

**ҚАЙТАРА** үст. *Қайта, қайыра.*

**ҚАЙТАР-ҚАЙТПАС** үст. *Қайтпай жатып, қайту-қайтпауы белгісіз.*

**ҚАЙТАРМА** сын. **1.** *Қайта соғатын, қайталанатын.* **2.** *Қайтарып қоюға болатын, қайтарылатын.* **3.** *Қайталап айтылатын өлең шумағы; қайырмасы.*

**ҚАЙТАРТ=** ет. *Қайтарып бергізу.*

**ҚАЙТАРТҚЫЗ=** ет. *Қайтаруға мәжбүрлеу, қайтартып бергізу.*

**ҚАЙТАРТҚЫЗУ** *Қайтартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАРУ** *Қайтар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарсы сөз айту.* **2.** *Кері қайыру, тоқтату, бөгеу.*

**ҚАЙТАРУЛЫ** сын. *Қайтарылған.*

**ҚАЙТАРУСЫЗ** сын. *Қайтарылмаған.*

**ҚАЙТАРУШЫ** зат. *Қайтаратын адам.*

**ҚАЙТАРЫЛ =** ет. **1.** *Иесіне қайтып берілу.* **2.** *Еліне жіберілу.* **3.** ауыс. *Орны толтырылу, ақысы өтелу.*

**ҚАЙТАРЫЛУ** *Қайтарыл етістігінің қимыл атауы; қайтып берілу.*

**ҚАЙТАРЫМ** зат. *Қайта алынған өнім.* // *Қайта алынатын, қайтару жасалатын.*

**ҚАЙТАРЫМДАУ** зат. хим. *Процесті өткізуге қажет, бірақ әлі жұмсалмаған материалдарды немесе энергияны қайтадан сол процесте қолдану үшін қайтару.*

**ҚАЙТАРЫМДЫЛЫҚ** зат. экон. *Қайтарым болу мүмкіндігі.*

**ҚАЙТАРЫМСЫЗ** сын. *Қайтпайтын, қайтымы жоқ.*

**ҚАЙТАРЫҢҚЫРА=** ет. *Кері қайтара түсу, бұрыңқырау, бөгеңкіреу.*

**ҚАЙТАРЫС=** ет. *Бірге қайтару, қайтарып берісу.*

**ҚАЙТАРЫСУ** *Қайтарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТАШАҚ** сын. көне. *Қайтатын.*

**ҚАЙТЕЙІН** есім. *Не істейін, не амал қыламын.*

**ҚАЙТКЕНДЕ** үст. *Қалай еткенмен де.*

**ҚАЙТКЕНМЕН** үст. *Қалай еткенмен де, қалай да.*

**ҚАЙТ-ҚАЙТТА**= ет. *Қайт-қайт деп қатты дауыстау, тежеп жасқау.*

**ҚАЙТ-ҚАЙТТАУ** *Қайт-қайтта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТҚЫЗ=** ет. *Қайтуға мәжбүрлеу, қайтару.*

**ҚАЙТҚЫШ** сын. *Қайта беретін; қайтып кеткіш.*

**ҚАЙТҚЫШТА=** ет. *Қайталап келе беру, қайта-қайта оралу.*

**ҚАЙТҚЫШТАУ**[1] *Қайтқышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙТҚЫШТАУ**[2] сын. *Қайта бергіштеу, оралғыштау.*

**ҚАЙТПАС**[1] сын. **1.** *Қайта оралмайтын, келмейтін.* **2.** ауыс. *Өте қауіпті, қатерлі.*

**Қайтпас сапар.** *Өлім, қаза.*

**ҚАЙТПАС**[2] сын. **1.** *Алған беттен қайтпайтын, қайсар.* **2.** *Өткір.*

**ҚАЙТПАСТЫҚ** зат. *Алған бетінен қайтпаушылық.*

**ҚАЙТТА=** ет. жерг. *Күйттеу, өз-өзімен әуре болу.*

**ҚАЙТУ**[1] *Қайт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кері оралу.* **2.** *Өтпей қалу, мұқалу.* **3.** *Кему, азаю.*

**ҚАЙТУ**[2] есім. *«Қалай ету» деген күрделі сөздің қысқарған түрі.*

**ҚАЙТУСЫЗ** сын. *Қайтуы жоқ, бірбеткей.*

**ҚАЙТУШЫ** зат. *Қайтып кетуші, қайта оралушы.*

**ҚАЙТЫЛ=** ет. *Кері қайту, қайтарылу.*

**ҚАЙТЫМ** зат. **1.** *Ашуланғанда сабасына түсуге, райынан қайтуға байланысты мінез ерекшелігі.* **2.** *Қайтарым, өтем.*

**ҚАЙТЫМДЫ** сын. *Тез қайтатын; басылуы оңай.*

**ҚАЙТЫМДЫЛЫҚ** зат. *Қайтымы тездік, кек сақтамаушылық.*

**ҚАЙТЫМСЫЗ** сын. *Қайтымы жоқ, қайтарымсыз.*

**Қайтымсыз индикаторлар.** хим. *Зерттелетін ортаның әсерінен қайтымсыз химиялық өзгеріске ұшырайтын индикаторлар.*

**ҚАЙТЫП** үст. *Қайта, қайтадан, тағы.*

**ҚАЙТЫС**: **қайтыс болды**. *Дүние салды, көз жұмды (адамға қатысты), өлді.*

**ҚАЙТЫС=** ет. **1.** *Кері оралысу.* **2.** *Алған бетінен қайтысу, сабасына түсісу.*

**ҚАЙТІП** есім. *Қалай етіп, қалайша.*

**ҚАЙУАН** зат. **1.** зоол. ***Айуан.*** *Жан-жануарлар.* **2.** ауыс. *Жыртқыш, сұм, зұлым.*

**ҚАЙУАНА** сын. сөйл. *Қайдағы біреу, бөгде, жат.*

**ҚАЙУАНАТ** зат. ***Айуанат.***

**ҚАЙУАНША** үст. *Айуанша, малша.*

**ҚАЙШЫ**[1] зат. *Әртүрлі нәрселерді кесу, қию үшін жүздерін қарама-қарсы бекіткен металл құрал.*

**Қайшы құлақ.** *Қиықша келіп, тік біткен құлақ.*

**ҚАЙШЫ**[2] сын. *Бір-біріне қарама-қарсы, кереғар, үйлеспейтін.*

**Қайшы келді.** *Бір-біріне қарама-қарсы болды; сәйкес болмады.* **Қайшы құлақ жылқы.** *Жүргенде сүйрік біткен екі құлағын қайшылап жүретін жылқы.* **Қайшы пікір**. *Дәлелдері қарама-қарсы ой, тұжырым.*

**ҚАЙШЫДАЙ** сын. *Қайшы сияқты өткір.*

**ҚАЙШЫЛА=** ет. **1.** *Қайшымен кескілеу.* **2.** *Айқаса түсу, тілгілеу.* **3.** *Саусақтарын кіріктіру, айқастыру.* **4.** *Қасын керу, қозғау.* **5.** *Жарықтың жоғары-төмен, оңды-солды құбылып түсуі.*

**ҚАЙШЫЛАН=** ет. **1.** *Құлағы айқасу.* **2.** *Қиылысу, айқасу.*

**ҚАЙШЫЛАНДЫР=** ет. *Қайшы сияқты айқастыру.*

**ҚАЙШЫЛАНТ=** ет. *Қайшы сияқты айқастыру.*

**ҚАЙШЫЛАП-ҚАЙШЫЛАП=** ет. *Ерсілі-қарсылы, қозғап-қозғап.*

**ҚАЙШЫЛАС** сын. *Қарама-қарсы; қайшы.*

**ҚАЙШЫЛАС=** ет. **1.** *Арлы-берлі, ерсілі-қарсылы қозғалу.* **2.** ауыс. *Қарама-қарсы келу, керісінше айту.*

**ҚАЙШЫЛАСТЫР=** ет. *Қайшы сияқты айқастыру.*

**ҚАЙШЫЛАТ=** ет. *Арлы-берлі, ерсілі-қарсылы қозғалту.*

**ҚАЙШЫЛАУ**[1] сын. *Қарама-қарсылау, кереғарлау.*

**ҚАЙШЫЛАУ**[2] *Қайшыла етістігінің қимыл атауы; арлы-берлі қозғалу.*

**ҚАЙШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қарама-қарсылық, бітіспеушілік, шиеленіс.* **2.** филос. *Қарама-қарсы екі жақтың, бір зат не құбылыстың екі қарама-қарсы сипатының күресі мен тұтастығынан тұратын дамудың қайнар көзі ретіндегі объективті құбылыс.*

**ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Қайшылығы жоқ.*

**ҚАЙШЫЛЫҚСЫЗДЫҚ** сын. филос. *Қайшылығы жоқтық.*

**ҚАЙШЫЛЫҚТЫ** сын. *Қайшылығы бар, қайшылығы жетерлік, қайшы келетін.*

**Қайшылықты норма**. заң. *Екі құқықтық тәртіп арасындағы қайшылықты шешетін норма.*

**ҚАЙЫ**[1]**=** ет. *Астыңғы жіптің ілмегінен үстіңгі жіпті өткізіп тігу.*

**Қайып тігу.** кол өнер. *Әрі беріктік, әрі әдемілік үшін қолданылатын, астыңғы жіптің ілмегінен үстіңгі жіпті өткізіп тігу әдісі [Тігістің бет жағы тігін машинасының тігісі тәрізді тізіліп түседі ].*

**ҚАЙЫ**[2]**=** ет. *Келеге түсу, ұрықтану.*

**ҚАЙЫ**[3]**=** ет. *Мойындау, сөзін тыңдау, ұю.*

**ҚАЙЫБЕРГЕН** зат. сөйл. *Дін ұғымынша ғайып болған, жасырын жүрген достар, ғашықтар, жәрдемшілер.*

**ҚАЙЫЗ**[1] зат. *Теңіз бен көлдердің сулары шайып, құмды батпаққа айналған жаға, жиек.*

**ҚАЙЫЗ**[2] зат. *Жамандық, қиыншылық.*

**ҚАЙЫЗҒАҚ** зат. *Шаш түбінде, малдың терілерінде болатын жұқа қабыршақ, ақтаңдақ.*

**Қайызғақ бас**. *Басынан қайызғақ кетпейтін, қайызғағы арылмайтын (адам).*

**ҚАЙЫЗҒАҚТА=** ет. жерг. *Сірнелеу, ұстау.*

**ҚАЙЫЗҒАҚТАН=** ет. **1.** *Қайызғақ түсу, қайызғақ басу.* **2.** *Қабыршақтанып жарылу, ақтаңдақтану.*

**ҚАЙЫЗҒАҚТАНУ** *Қайызғақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫЗҒАҚШӨП** зат. өс. <лат. stachys> ***Шалабұта*** *(ерінгүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ҚАЙЫЗДА=** ет. *Қайық не кеменің таяз жерге тап болып жүре алмауы, қайырлау.*

**ҚАЙЫЗДАУ** *Қайызда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫЗДАН=** ет. ***Қайызғақтан*** *(жарылу).*

**ҚАЙЫҚ** зат. *Суда жүзу үшін жасалған, қос ескекті, сүйір тұмсықты астауша, су көлігі.*

**Қайығы желге өрледі.** *Бағы жанды, дегені болды.* **Қайық салу.** *Қайықпен жүзу.*

**ҚАЙЫҚ-ПАЙЫҚ** зат. сөйл. экспр. *Менсінбеу, азсыну мағынасындағы қайық сияқты бірдемелер дегенді білдіретін сөз.*

**ҚАЙЫҚСЫЗ** сын. *Қайығы жоқ күйде.*

**ҚАЙЫҚТАЙ** сын. *Қайық сияқты, қайыққа ұқсас.*

**Қайықтай жүзді.** *Емін-еркін көсілді, есілді деген мағынада.* **Қайықтай қалқыды.** *Қозғалысы біліңбей жүрді, сырғып жылжыды, қимылы қайықтың қозғалысына ұқсады.*

**ҚАЙЫҚША**[1] зат. *Шағын қайық.*

**ҚАЙЫҚША**[2] үст. *Қайық тәрізді, қайыққа ұқсап.*

**ҚАЙЫҚША**[3] зат. бот. *Бұршақ тұқымдасына жататын өсімдіктердің бес күлтесінің төменгі жағында орналасқан екеуі бір-бірімен жиегінен кірісе тұтасып, пішіні қайыққа ұқсаған нүктесі.*

**Қайықша томағашөп.** өс. <лат. scutellaria navicularis> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шалабұта.*

**ҚАЙЫҚШЫ** зат. *Қайық есуші, қайық есуді кәсіп етуші.*

**ҚАЙЫҚШЫДАЙ** сын. *Қайықшыға ұқсас, қайықшы сияқты.*

**ҚАЙЫЛ** сын. *Риза, дайын, көндіккен. // Үгіт, насихат.*

**Қайыл болды**. *Риза болды, тәнті болды.*

**ҚАЙЫМ**[1] зат. әдеб. ***Қайым өлең.***

**Қайым айтыс**. *Той-жиында екі не одан да көп адамның алма-кезек айтысуы, өлеңмен қақтығысуы.* **Қайым өлең**. әдеб. *Бірден ойдан шығарып айтылатын ұйқасты өлең, қара өлеңнің бір түрі; ә) Айтысушыларға төрт жол өленің алғашқы екі жолы ортақ болып келетін өлең түрі.*

**ҚАЙЫМ**[2]**: қайым заман орнатты.** *Азап шектірді, қорлық көрсетті, қара түнек күн кешірді.*

**ҚАЙЫМ**[3] зат. *Кесек, қима.*

**ҚАЙЫМ**[4] сын. жерг. *Лайықты, сай. // Рет, ыңғай.*

**Қайым болу.** *Бейім болу мағынасында.*

**ҚАЙЫМ**[5] [ар. قائم] сын. *Мықты.*

**ҚАЙЫМ**[6]**: қайымынан келтірді.** *Орайын, ретін, ыңғайын келтірді.*

**ҚАЙЫМАЛ** сын. түйешар. *Қайып кеткен (інген), бураға қосылған (жас түйе).*

**ҚАЙЫМАЛША** зат. *Тұмса түйе, қайымал тұмса.*

**ҚАЙЫМАЛЫ** зат. *Боталай алатын інгеннің жалпы атауы.*

**ҚАЙЫМДА=** ет. жерг. *Кезену, ыңғайлау, қамдау.*

**ҚАЙЫМДАЛ=** ет. *Жарысу, қарсы шығу, тайталасу.*

**ҚАЙЫМДАЛУ** *Қайымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫМДАН=** ет. *Кезену, бір іске дайындау, сайлау, ыңғайлау.*

**ҚАЙЫМДАС=** ет. **1.** *Қайшыласу, қарама-қарсы қозғалысу.* **2.** *Шекісу, айтысу, сөз таластыру, тайталасу.* **3.** *Шиеленісу, бір-біріне қарама-қарсы келісу.*

**ҚАЙЫМДАСҚЫШ** сын. *Қақтығып-соқтығып жүретін, түртпекшіл. .*

**ҚАЙЫМДАСУ** *Қайымдас етістігінің қимыл атауы; айтысу, сөз таластыру, тайталасу.*

**ҚАЙЫМДАУ** *Қайымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫМДЫ** сын. жерг. *Лайықты, сай.*

**ҚАЙЫМ-ҚАЛЖЫҢ** зат. *Қызықты сөзталас, әзілді айтыс, әзіл-оспақ.*

**ҚАЙЫМ-ҚАТЕ** зат. *Қайшылық, мін.*

**ҚАЙЫМНАН** үст. *Кенеттен, күтпеген жерден.*

**ҚАЙЫН** зат. этн. *Қыз алып, қыз берген екі елдің күйеу мен келінге қатысты туыстығын білдіретін сөз.*

**Қайын аға.** сөйл. ***Қайнаға.*** **Қайын ата.** *а) Күйеуінің әкесі (қалыңдыққа қатысты). ә) Әйелінің әкесі (күйеуге қатысты).* **Қайын бике**. этн. *Ер адамның әйелінің және келіншектің күйеуінің әпкесі.* **Қайын ене.** этн. *Күйеуіне қатысты әйелдің және әйелге қатысты күйеудің шешесі.* **Қайын жұрт.** этн. *Күйеу үшін қалыңдықтың туған елі, қалыңдық үшін күйеудің туған елі.* **Қайын жұрты бар ма?** сөйл. эвф. *Үйленген бе немесе тұрмыс құрған ба деген мағынадағы сұрақ.* **Қайын сіңлі**. этн. *Күйеудің қарындастарының әйеліне туыстық қатынасы.* **Қайын іні**. *Ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатысты өздерінен кіші ұл бауырлары.*

**ҚАЙЫНДА=** ет. *Қайын жұртына бару, аралау.*

**ҚАЙЫНДАЛЫ** сын. сөйл. ***Қайынды.***

**ҚАЙЫНДАТ** =ет. *Қайындау, қайын жұртты аралату.*

**ҚАЙЫНДАТУ** *Қайындат етістігінің қимыл атауы; қайын жұртты аралату.*

**ҚАЙЫНДЫ** сын. *Қайыны бар.*

**ҚАЙЫНДЫҚ** зат. *Қайын болғандық; қайын інілік.*

**ҚАЙЫН-ҚАПТАЛ** сын. *Жұмыр жонды, тығыршықтай.*

**ҚАЙЫНСАҚ** сын. сөйл. ***Қайыншыл.***

**ҚАЙЫНШЫЛ** сын. *Қайын жұртына бүйрегі бұрып тұрғыш, қайын жұртқа бара бергіш.*

**ҚАЙЫНШЫЛА=** ет. сөйл. ***Қайында.***

**ҚАЙЫҢ** зат. өс. **1.** *Ақ (қызыл) қабықты, жүрекше жапырақты, бойлап өсетін ағаш.* **2.** <лат. betula> *Қайың тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын бірүйлі ағаш және бұта.*

**Қайың құрық**. *Мал (жылқы) ұстау үшін ұшына ілмек жіп байланған, ұзын қайыңнан жасалған сырық.* **Қайың найза.** этн. *Қайың сапты найза.* **Қайыңның безіндей.** *Мығым, берік. Қайыңның безіндей. Мығым, берік.* **Қайыңның қабығындай.** *Қайыңның қабығы сияқты жұқа, жеңіл.* **Қайыңның тозындай.** *Мықты, қайыңның өсіп-жетілген қатты, төзімді, тұрмыста кәделік маңызы бар қабығы сияқты* [*Қайың тозымен беріктік әрі жеңілдік үшін ер қаптаған, ыдыс жасап, үй жапқан*]. **Қайың саңырауқұлағы.** өс. *Қайың немесе қайың аралас селдір ормандарда өсетін, басы жайпақ бұдыр, үстіңгі жағы ашық сұр, сарғыш немесе қара қоңыр, төменгі жағы ақ, өскен сайын сұрғылттана түсіп, сабағы сұрғылт-ақ түсті, қара қабыршақты келген саңырауқұлақтың түрі.* **Қайың сауған ақ тышқан жылы.** тар. *Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, жұт болған жыл [Халық аштан қырылмас үшін қайыңның қабығын сорып, безін немесе діңін шауып, шырынын ағызып, жинап ішіп жан сақтаған].* **Қайың сауған жұт.** *Ауырлығы мен ауыртпашылығының қатты болғаны соншалық, елдің есінде талай ғасыр ұмытылмай сақталып қалған жұт. [Малынан айырылған халық аштан қырылмас үшін қайың сауып, қайыңның қабығын сорып, безін немесе діңін шауып, шырынын ағызып, жинап*

*ішіп жан сақтаған].* **Қайың сауу.** *Қайыңды кесіп, шырынын алу [Көктемде қайыңның бүрленген шағында қабыршық сызаттары арасынан шым-шымдап шығып тұратын шырынын алу үшін өткір пышақ, тескіш қуысқұлақ және шүмек тәрізді екі жағы тесік жілік қажет; қайыңның адам бойы жететін тұсын бала алақанындай көлемде тереңдігі 3-4 елі тесіп оған шүмек жілікті көлбеу орналастырады, сол шүмек арқылы ыдысқа жиналады].* **Қайың таяқ.** *Сүйеніп жүруге не мал айдауға арнап қайыңнан жасалған берік шағын таяқ.* **Қайың тұқымдасы.** бот. <лат. betulaceae> *Қосжарнақты ағаш немесе бұта түріндегі бірүйлі өсімдіктер тұқымдасы.* **Қайың шырыны.** тамақ. *Ежелгі сақтар заманынан бері белгілі қайыңнан алынатын сусын.*

**ҚАЙЫҢДАЙ** сын. **1.** *Қайың сияқты берік, мықты.* **2.** *Бұралған нәзік, тік денелі, сымбатты, ақ жүзді.*

**ҚАЙЫҢДЫ** сын. *Қайың аралас өскен, қайыңы бар.*

**ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ** зат. өс. *Саңырауқұлақтың қайың арасында өсетін түрі.*

**ҚАЙЫҢ-ТЕРЕК** зат. *Қайың, терек аралас өскен.*

**ҚАЙЫҢТОЗ** зат. биол. *Қайың өркенінің беткі жұқа қабаты, жабыны.*

**ҚАЙЫҢШЫ** зат. *Қайың шабатын, қайыңнан шауып, бұйым жасайтын адам.*

**ҚАЙЫП**[1] зат. сөйл. ***Кәйіп.***

**ҚАЙЫП**[2] зат. сөйл. ***Ғайып*** *(өмірде жоқ, қиял).*

**Қайып болды**. сөйл. ***Ғайып болды.***

**ҚАЙЫП**[3] сын. *Сүйсінушілік, рақат сезім, көңіл көтеру, көңілді күй.*

**ҚАЙЫПТАН** үст. сөйл. ***Ғайыптан*** *(жоқ жерден, күтпеген жерден, кенеттен).*

**ҚАЙЫР**[1] зат. *Өзен-көлдердің, теңіздердің таяз жері, батпақты, құмды жағалауы.*

**ҚАЙЫР**[2] [ар. خير] зат. *Жақсылық, мейірім, ізгі іс-әрекет.*

**Қайыр берді.** *Садақа берді.* **Қайыр дұға.** *Жақсы дұға.* **Қайыр кетті.** *Мейірімі жоғалды; ізгі амал етеді, шапағаты тиеді деген үміт өшті.* **Қайыр күтті.** *Жақсылық тіледі, үміт етті.* **Қайыр қылды.** *Жақсылық істеді, шапағатын тигізді, ізгі амал жасады.* **Қайыр сұрады.** *Садақа жинады, біреуге алақан жайып, тиын-тебен беруін тіледі.* **Қайыр тіледі.** *Садақа жинады, сұрамсақтыққа салынды.* **Қайыры бірге болсын.** тілек. *Біреу қайырлы болсын деп тілек айтқанда қуанышы, жақсылығы бәрімізге де ортақ болсын, ұзағынан сүйіндірсін деген мағынадағы қарсы тілек.* **Қайыры жоқ.** *Мейірім-шапағаты жоқ, рақымсыз.* **Қайыры мол.** *Қайырымды, жұртқа жанашыр.* **Қайыры тиді.** *Пайдасы, көмегі тиді.*

**ҚАЙЫР**[1]**=** ет. **1.** *Малдың бағытын бұру, қайтару.* **2.** *Ұзын сырт киімді не шалбардың балағын т.б. жоғары қарай көтеріп түру.* **3.** *Өткір не ұшкір затты мұқалту, майыру.* **4.** *Шашты кері қайырып тарау, жатқызу.* **5.** *Мылтықты, тапаншаны т.б. атуға дайындау, сайлап қою.* **6.** *Иесіне, алған адамына, жеріне, орнына тапсыру, қайтару.* **7.** *Бір сөзді бірнеше рет айту, қайталау, қайталап айту.* **8.** *Жауап қайтару, есесін жібермеу.* **9.** *Доғару, қысқарту, тоқетерін айту.* **10.** *Кері қайтару.* **11.** *Келген жағына қайтару.* **12.** *Кітап, газет-журнал т.б. заттардың қажетті бетін қайта қарау не тез табу үшін шетін бүктеп белгі салу.* **13.** *Істі тындыру, тез бітіру, уақтылы орындау.* **14.** *Ысыру, ашу.* **15.** *Шегіндіру, тойтару.* **16.** ауыс. *Азайту, сейілту, тарқату.*

**Қайырып тастады.** *Тыйып тастады, бетін қайтарып тастады.*

**ҚАЙЫР**[2]**=** ет. саят. *Саят құсын аң аулауға үйрету, баптау, күту.*

**Қайырған қаршығадай.** *Баптауы келіскен, бабындағы, епті, шираған.* **Қайырып салды.** *Саятшылыққа арнап қыран құсты баптады, қыран құсты аң ұстауға баулады.*

**ҚАЙЫР**[3] од. *Қайта көріскенше деген мағынада, қоштасқанда айтатын сөз.*

**ҚАЙЫР**[4] од. *Құп, жақсы, жарайды.*

**ҚАЙЫРА** үст. *Екінші рет, қайта, қайталап; қайтадан.*

**ҚАЙЫРАДАН** үст. сөйл. ***Қайтадан.***

**ҚАЙЫРҒЫ** зат. сөйл. *Садақа-қайыр.*

**ҚАЙЫРҒЫШ** сын. *Қайыра білетін, қайыра алғыш.*

**ҚАЙЫРҒЫШТА=** ет. *Қайыра бергіштеу, қайта-қайта қайыру.*

**ҚАЙЫРҒЫШТЫҚ** сын. *Қайырып тастағыштық.*

**ҚАЙЫР-ДҰА** зат. сөйл. ***Қайыр дұға*** *(Алла тағалаға мінажат етіп тілеген тілек).*

**ҚАЙЫР-ЗЕКЕТ** зат. көне. **1.** діни. *Мұсылман адамдар үшін сүннет болып табылатын, мал санына қарай әр үй, әр ауылдан алынатын міндетті садақа түріндегі алым.* **2.** *Жетім-жесірге, жағдайы нашарларға Алланың ризашылығы үшін берілетін тиын-тебен, садақа.*

**ҚАЙЫР-ИХСАН** зат. көне. *Адамшылық, қайырым.*

**ҚАЙЫРЛА=** ет. **1.** *Қайырға тап болу, саяз жерге кезігу.* **2.** ауыс. *Бөгеліп қалу, шырмалу.*

**Қайырлаған кемедей.** *Саяз жерге тұрып қалған кеме сияқты.*

**ҚАЙЫРЛАҒЫШ** сын. *Қайырға бата бергіш, қайырлап қалғыш.*

**ҚАЙЫРЛАС=** ет. *Қош айтысу, қоштасу.*

**ҚАЙЫРЛАТ=** ет. *Саяз жерге кезіктіру, қайырға тап қылдыру.*

**ҚАЙЫРЛЫ**[1] сын. **1.** *Қайырымды, жанға жайлы.* **2.** *Қайыры бар, мейірімді, ізгі амалды.*

**Қайырлы болды.** *Қайыры, пайдасы, көмегі тиді, мейірлі болды.* **Қайырлы болсын.** *Құтты болсын, сәтті болсын.* **Қайырлы бура.** *Келе ішіндегі құтты, тұқымы ірі аталық түйе.* **Қайырлы кеш**. кіт. ***Кеш жарық*** *(әдетте радио, теледизияда кешкілік бағдарламада тыңдарман не көрерменге, кейде ресми жағдайда кешкілік алғаш көрген адамына қарата айтылатын сәлем).* **Қайырлы күн.** кіт. *Радио, телевизия хабарларында күндізгі уақытта айтылатын сәлемдесу түрі.* **Қайырлы сапар [болсын]**. тілек. *Жол жеңіл болсын деп сәт-сапар тілеу сөзі.* **Қайырлы таң.** кіт. ***Сәлеметсіз бе?*** *(ертеңгілік бірінші көріскен адамдардың бір-біріне айтатын тілегі; сәлемі).* **Қайырлы түн**. кіт. *Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз (жатар алдында айтылатын тілек сөз).*

**ҚАЙЫРЛЫ**[2] сын. *Тайыз жері бар, қайыр кездесетін (жер).*

**ҚАЙЫРМА**[1] зат. *Киімнің кері қайырылған не қайтарылып тігілген жері.*

**Қайырма жаға**. *Иыққа жаға, кері қайтарып тастайтын жаға.*

**ҚАЙЫРМА**[2] зат. муз. *Әннің әр шумағынан кейін қайталанып отыратын бөлігі.*

**ҚАЙЫРМА**[3] зат. *Мылтықтың шаппасы орналасқан, жылжымалы бөлігі.*

**ҚАЙЫРМА**[4] зат. сөйл. *Қарымта, есе.*

**ҚАЙЫРМА**[5] зат. кәс. *Соқаның топырақты аударып тастайтын қайқы жүзі, темірі.*

**ҚАЙЫРМАҚТА=** ет. жерг. *Қайырғыштау, қайырыңқырау, бұрыңқырау.*

**ҚАЙЫРМАҚТАУ** *Қайырмақта етістігінің қимыл атауы; бұрылыңқырау, ықтасындау.*

**ҚАЙЫРМАЛА=** ет. **1.** *Қайырғыштау, қайтармалау (мал туралы).* **2.** ауыс. *Баяулату, іркү, тежеу.*

**ҚАЙЫРМАЛАУ** *Қайырмала етістігінің қимыл атауы; қайтарғыштау.*

**ҚАЙЫРМАЛЫ** сын. **1.** *Қайырылатын, бүгілетін.* **2.** кәс. *Топырақты аударып тастайтын қайқы жүзі бар.*

**ҚАЙЫРМАСЫЗ** сын. кәс. *Қайырма темір, жүз орнатылмаған, қайырмасы жоқ.*

**ҚАЙЫР-САДАҚА** зат. діни. *Алланың ризашылығы үшін жоқ-жітік, жетім-жесірлерге берілетін зат, тиын-тебен.*

**Қайыр-садақа сұрады [тіледі]**. а) *Адамдардан тіленді, тіршілігіне көмек болатын тиын-тебен дәметіп алақан жайды.* ә) *Тіленіп өмір кешті, қайыршылап алған тиын-тебеніне күнелтті.*

**ҚАЙЫРСЫЗ** сын. *Қайыры жоқ, ізгі амалы жоқ, жаны ашымайтын.*

**ҚАЙЫРСЫЗДЫҚ** зат. *Қайыры жоқтық, рақымсыздық, жаныашымастық.*

**ҚАЙЫРТ=** ет. **1.** *Малды кері қайтару.* **2.** *Бүгілту, бүктету.*

**ҚАЙЫРТАЛ** зат. өс. *Талдың Сыр бойында өсетін жергілікті түрі.*

**ҚАЙЫРУ** *Қайыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫРУЛЫ**[1] сын. **1.** *Қайырылып тұрған, артқа жинаулы, тараулы.* **2.** *Жоғары түрулі, жинаулы.* **3.** *Атуға дайын, артқа түрулі (мылтықтың шүріппесі туралы).* **4.** *Ашылған күйде, ашық.*

**ҚАЙЫРУЛЫ**[2] сын. саят. *Бабына келген, бапталған.*

**ҚАЙЫРУСЫЗ** сын. **1.** *Қайырушысы жоқ; иесіз.* **2.** ауыс. *Тәлім-тәрбиесіз, тәрбиеге көнбеген.*

**ҚАЙЫРУШЫ** зат. *Мал қайтарушы, малшы.*

**ҚАЙЫРШАҚ** зат. *Ірілі-уақты құм, шағыл, қиыршық. // Ұсақ, шағыл.*

**ҚАЙЫРШАҚСЫЗ** сын. *Қайыршағы жоқ, қиыршықсыз.*

**ҚАЙЫРШАҚТАЙ** сын. *Қиыршық сияқты ұсақталған, майдаланған.*

**ҚАЙЫРШАҚТЫ** сын. *Қайыршағы бар, құмды, шағылды.*

**ҚАЙЫР-ШАПАҒАТТЫ** сын. *Рақымды, жақсылық жасаушы, мейірімді.*

**ҚАЙЫРШЫ** зат. көне. **1.** *Еңбекке жарамсыздығынан не асыраушысы жоқтықтан қайыр сұрап күнелтетін адам.* **2.** ауыс. *Сұраншақ, тіленшек. // Қайыр тілеуші, садақа сұраушы.*

**ҚАЙЫРШЫДАЙ** сын. *Қайыршы сияқты, қайыршы тәрізді.*

**Қайыршыдай жаутаңдады.** *Біреуге телмірді.*

**ҚАЙЫРШЫЛА=** ет. *Қайыр сұрау, тілену.*

**ҚАЙЫРШЫЛАН=** ет. *Қайыршыға айналу.*

**ҚАЙЫРШЫЛАНДЫР=** ет. *Қайыршыға айналдыру.*

**ҚАЙЫРШЫЛАНДЫРУ** *Қайыршыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫРШЫЛАНУ** *Қайыршылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЙЫРШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қайыр сұрап күн көрушілік, тіленшектік.* **2.** *Жоқшылық, құ тақыр кедейлік.*

**Қайыршылыққа түсті.** *Қайыршы болды, жоқшылыққа ұшырады.*

**ҚАЙЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қайту, қайта оралу.* **2.** *Бұрылу, ден қою.*

**Қайырылмай кетті.** *Қарайламады, артындағыларды қиып кете барды.* **Қайырылмай өтпеді.** *Ізет қылып сәлем бермей, амандығын білмей кетпеді, жолықпай кетпеді.*

**ҚАЙЫРЫЛУ** *Қайырыл етістігінің қимыл атауы; оралу, қайту.*

**ҚАЙЫРЫЛУЛЫ** сын. *Қайырылып тұрған, түрілген.*

**ҚАЙЫРЫЛЫС** зат. *Қайырылатын жер, бұрылыс.*

**ҚАЙЫРЫЛЫС=** ет. **1.** *Қарайласу.* **2.** *Қайта оралысу, кері қайтысу.*

**ҚАЙЫРЫМ**[1] зат. *Мейірім, рақым, шапағат, жанашырлық.*

**Қайырымы жоқ.** *Жақсылығы тимейтін, пайдасы жоқ.* **Қайырымы саяздау.** *Мейірімі аздау, қайырымсыздау.*

**ҚАЙЫРЫМ**[2] зат. сөйл. *Қайыру, қайтару.*

**Қайырымға келмеді**. *Анау-мынауға болмады, ештеңеге көнбеді, бірден кетті.*

**ҚАЙЫРЫМДЫ** сын. *Қайырымы мол, мейірімді; қамқоршыл.*

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ** зат. *Мейірімділік, жақсылық жасаушылық, жанашырлық.*

**Қайырымдылық акциясы**. қоғ.-әлеум. *Қандай да бір ахуалы төмен әлеуметтік топқа немесе қиын-қыстауға тап болған адамдарға көмек, жәрдем ретінде жасалатын нақты іс-шара.*

**ҚАЙЫРЫМСЫЗ** сын. *Қайырымы жоқ, мейірімсіз; қатыгез.*

**ҚАЙЫРЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Қайырымы жоқтық, мейірімсіздік, қатыгездік.*

**ҚАЙЫРЫМШЫЛ** сын. *Жанашыр, қамқоршыл.*

**ҚАЙЫРЫМШЫЛЫҚ** зат. *Рақымшылық, кешірімділік, кеңшілік.*

**ҚАЙЫРЫС=** ет. *Қайыруға көмектесу, мал қайтарысу.*

**ҚАЙЫС** зат. **1.** *Ер-тұрман әбзелдері мен әртүрлі тұрмысқа қажетті заттар жасау үшін арнайы өңделген, берік болатын мал терісі.* **2.** ауыс. *Берік, мықты, қайыстай төзімді (адам).*

**Қайыс арқан.** *Түйенің, сиырдың кейде жылқының илеген терісінен тілінген таспадан өріп немесе жұмырлап жасалған, көбінесе шалма тастау үшін пайдаланылатын жуан жіп.* **Қайыс аяқ.** а) *Жүрмейтін жері жоқ, шымыр, желаяқ.* ә) *Асау үйретуге, бәйге атында шабуға машықтанған жас жігіт, жасөспірім.* **Қайыс бау.** *Қайыстан жасалған бау-шу.* **Қайыс жүген.** қолөнер. *Күнделікті шаруаға арналған, қайыс таспасынан әшекейсіз етіп жасалған жүген.* **Қайыс қара.** *Жылтыр қара, қатқан қара түсті.* **Қайыс тақым, қамшы бел.** *Атқа көп мініп, ысылған; көнбіс.* **Қайыс түю.** қолөнер. *Қайыстан әртүрлі заттар құрау, байлау.* **Қайыс тілді.** *Қайысты таспалап кесті, өруге не түюге әзірледі.*

**ҚАЙЫС=** ет. **1.** *Ауырлықтан майысу, иілу.* **2.** *Мою, титықтау, шаршау, қалжырау.* **3.** ауыс. *Мойынсұну, жасқану, сескену, қорқу.*

**ҚАЙЫСПАС** сын. *Қайтпас, қайсар.*

**Қайыспас қара нар.** поэт. *Қайтпас қайсар, өр мінез, ауырлыққа төзімді, мықты азамат.*

**ҚАЙЫСТАЙ** сын. *Қайыс сияқты.*

**Қайыстай қатты.** а) *Барлық артық майынан арылып арықтады, қатып-семді.* ә) *Шынықты, қиындыққа төзіп үйренді.* **Қайыстай созылды.** *Бауырын жазып, еркін шапты, созылды.* **Қайыстай тілді.** *Қайысша тілімге бөлді; қиіп-жарды.*

**ҚАЙЫСТАН=** ет. *Қатқылдану, кеуіп қалу, қатаю.*

**ҚАЙЫСТЫР=** ет. *Майыстыру, еңкейту.*

**ҚАЙЫСША** үст. *Қайыс тәрізді.*

**ҚАЙЫСШЫ** зат. *Мал терісінен былғары илейтін шебер.*

**ҚАЙЫТУ** *Қайыт етістігінің қимыл атауы; күйлеген ұрғашы және жараған еркек түйелерді түйе иесінің не түйешінің көмегімен шағылыстыру.*

**ҚАҚ[1]** зат. *Жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су.*

**Қағынан жеріді.** а) *Өз Отаны, туған жерінен безінді, қол үзді.* ә) *Өз отандастарын, қандастарын менсінбеді, тілінен, ділінен безінді, мәңгүрттенді; жақын адамдарынан безінді.* **Қаққа жабылған құландай.** *Топырлап, жапа-тармағай.* **Қақ тұрды.** а) *Су іркіліп, шалшық пайда болды.* ә) *Суы тартылып, көлшікке, шалшыққа айналды.*

**ҚАҚ[2]** зат. тамақ. *Кептірілген әртүрлі жемістер.*

**ҚАҚ[3]** зат. *Қайнау кезінде ыдыс түбінде пайда болатын қатты қабыршық.*

**ҚАҚ[4]** зат. **1.** *Малдың тастаған қалдығы, құтезек.* **2.** ауыс. *Тұқым, ұрпақ.*

**ҚАҚ[5]** [ар. الحق] зат. діни. ***Хақ*** *(Құдай, Тәңір).*

**ҚАҚ[6]** сын. *Дәл, нақ, тұп-тура.*

**Қақ айырды [бөлді, жарды, тілді].** *Ортасынан тең бөлді, тұп-тура екі жарды.* **Қақ басқа таяқпен бір салғандай болды.** *Қақ бастан қамшымен ұрғандай.* **Қақ бастан қамшымен ұрғандай болды.** *Айтылған сөз жанға ауыр тиді, ауыр соққы болды.* **Қақ басынан.** *Тура, дәл бастан.* **Қақ [тең] бөлді.** *Дәл ортасынан екіге жарды, теңдей етіп бөлді.* **Қақ бөлінді.** а) *Сынды, екіге айырылды.* ә) поэт. *Қажыды, шаршады, болдырды.* б) *Ашуланды, ыза болды.* **Қақ жарты.** *Тура жартысы.* **Қақ жарылды.** *Тура ортасынан, қақ ортасынан екіге бөлінді.*

**ҚАҚ[7]** сын. *Кепкен, қу; қатып-семген.*

**Қақ сойыл.** *Әбден кеуіп қатқан сойыл.*

**ҚАҚ[8]** сын. сөйл. *Хақ, анық.*

**ҚАҚ[1]=** ет. **1.** *Белгілі бір затты тазарту үшін сілку, соғу.* **2.** *Есік, терезені жайлап ұру, тоқылдату.* **3.** *Үшкір, қатты заттарды бір нәрсеге кіргізу, қадау, бекіту.* **4.** *Қолдауды, ризашылығын білдіруді, қолпаштауды білдіретін қимыл ишаратын жасап, алақанымен арқадан не иықтан ұрғыштау, қаққылау.* **5.** *Жемісін түсіру үшін ағашты сілку.* **6.** *Соғып кету, басып кету.* **7.** *Тойтарыс беру, күшпен итеріп тастау, құлатып жіберу.* **8.** *Түбінен ұру, қозғау.* **9.** *Ұра тарту, шерту (домбыра т.б.).* **10.** *Ұрып түсіру, сындыру.* **11.** *Іліп алу, қолын жеткізу, ие болу, алу.* **12.** *Іліп түсу, қақшып алу.* **13.** экспр. *Қалтасына салу, жымқырып кету.* **14.** *Тиісу, соқтығу; қаралау, соққы беру.* **15.** *Аралау, қарау.* **16.** *Құр алақан қалдыру, қолға тигізбеу.* **17.** *Жауырды асқындыру, ұшықтыру.* **18.** *Арылу, қолға түсіру, қысымға алу.*

**Қағып алды [салды].** сөйл. а) қарап. *Ішіп жіберді, алып қойды.* ә) *Тез үйреніп алды, есінде сақтады.* б) *Іліп әкетті, күтпеген жерден иемденіп әкетті.* **Қағып әкетті.** *Іліп кетті, иемденді.* **Қаққан қазық.** бейн. *Өзгермейтін, тұрақты.* **Қаққан қазықтай.** *Тіп-тік, тұп-тұзу.* **Қаққан қазықша.** *Тіп-тік, тұп-тұзу.* **Қаққанда қанын, соққанда сөлін алды.** *Екі аяғын бір етікке тықты, қатты қысып қуырды, жанын көзіне көрсетті.* **қаққан шегедей.** *Мығым, табжылмас.*

**ҚАҚ[2]=** ет. *Жамандықтан, бәле-жаладан сақтау.*

**ҚАҚА** сын. сөйл. ***Қақ*** *(нақ, тура).*

**ҚАҚА**: **қақа етпеді.** *Көз жазбады, қағыс жібермеді.*

**ҚАҚА=** ет. *Қатты суыну, ұскірік ату.*

**Қақаған аяз.** *Ызғары қатты, бет қараттайтын қатты аяз, ұскірік.*

**ҚА-ҚА** елік. *Қарқылдап күлгенде үзіліп-үзіліп шығатын дыбысты, қарқылды бейнелейтін сөз.*

**ҚАҚАЙ** сын. *Бейімсіз, икемсіз.*

**ҚАҚАЙ=** ет. **1.** *Бойын тіп-тік ұстау, қақию.* **2.** ауыс. *Өз дегенінен қайтпау, жөнге келмеу, көнбеу.*

**Қақай бас.** *Қақиып қалған, өзінікінен басқаға көнбейтін адам.*

**ҚАҚАЙТ=** ет. *Тіп-тік ұстау.*

**ҚАҚАЙТУ** *Қақайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Сіресіңкіреу, қатыңқырау.*

**ҚАҚАҚТА=** ет. *Қақылдап мазасын алу, тынышын кетіру, тақақтау.*

**ҚАҚАҚТАУ** *Қақақта етістігінің қимыл атауы; қақылдап мазасын алу.*

**ҚАҚАЛ=** ет. **1.** *Тамағына бірдеңе тұрып қалу, өтпеу.* **2.** ауыс. *Бұзылып қалу, істемей тұрып қалу.* **3.** ауыс. *Бітік өсу, қаулау.* 4. ауыс. *Булығып шашалу, тұншығу.*

**ҚАҚАЛАҚ** зат. малшар. *Ешкі.*

**ҚАҚАЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Қақақта*** *(бір сөзді қайталап, пысықтай беру).*

**ҚАҚАЛАҚТАУ** *Қақалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАЛАУ** сын. *Қателеу, қағыстау, жаңылыстау.*

**ҚАҚАЛА-ШАШАЛА** үст. *Тамағынан өтпей, булығып, қақалып.*

**ҚАҚАЛДЫР=** ет. *Тамағына бірдеңе тұрып қалып, қақалтып-шашалдыру.*

**ҚАҚАЛДЫРУ** *Қақалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАЛТ=** ет. *Қақалдыру, тұншықтыру.*

**ҚАҚАЛТУ** *Қақалт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАЛУ** *Қақал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тамағына бірдеңе тұрып қалу, шашалу.* **2.** ауыс. *Тұрып қалу, бұзылу.*

**ҚАҚАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Қақала жаздаң-қырау.*

**ҚАҚАЛЫП-ШАШАЛ=** ет. *Бірдеңеге булыға жөтелу.*

**ҚАҚАЛЫП-ШАШАЛУ** *Қақалып-шашал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАҢ: қақаң қақты [еткізді, етті].** *Қақаң-қақаң етті, қақшаңдады.*

**Қақаң қақты.** *Қақшаңдады, жалмаңдады.*

**ҚАҚАҢДА=** ет. *Тыным таппау, қақшаңдау.*

**ҚАҚАҢДАТ=** ет. *Тыным таптырмау, қақшаңдату.*

**ҚАҚАҢДАТУ** *Қақаңдат етістігінің қимыл атауы; тыным таптырмау.*

**ҚАҚАҢДАУ** *Қақаңда етістігінің қимыл атауы; тыным таппай, қақаң-қақаң ету.*

**ҚАҚАҢ-ҚАҚАҢ: қақаң-қақаң етті.** *Қақшаңдап тыным таппады.*

**ҚАҚАҢ-СОҚАҢ** зат. сөйл. ***Қақаң-сұқаң.***

**ҚАҚАҢ-СҰҚАҢ** зат. *Алып-қашпа сөз, өсек-аяң; жат мінез, ерсі қылық.*

**Қақаң-сұқаңмен ісі жоқ.** *Өсек-аяңға әуес емес, момын.*

**ҚАҚАРАДАЙ** сын. сөйл. *Үлкен.*

**ҚАҚАРАТ** зат. *Біреуді сөгушілік, жәбірлеушілік, кемсітушілік.*

**ҚАҚАРАТТА=** ет. *Біреуді сөгу, жамандау, жәбірлеу, кемсіту, қорлау.*

**ҚАҚАРАТТАУ** *Қақаратта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚАС[1]** сын. *Шала-шарпы, жаңылыс, қағыс.*

**Қақас естіді.** *Құлағына басқаша жаңылыс тиді, қағыс тиді.*

**ҚАҚАС[2]** сын. **1.** *Тысқары, аулақ.* **2.** *Оқыс, жазатайым.*

**Қақас қалды.** *Шет қалды, үлес тимеді.*

**ҚАҚАСТА=** ет. *Аулақ ұстау, тасалау, жасыру.*

**ҚАҚАТҰЯҚ** сын. *Қу, сұм, сұмырай.*

**ҚАҚАУ** зат. *Мін, мүкіс.*

**ҚАҚАЮ** *Қақай етістігінің қимыл атауы; бойын тіп-тік ұстау.*

**ҚАҚБАҚЫЛ** зат. сөйл. ***Қақпақыл.***

**ҚАҚБАҚЫЛДА=** ет. ***Қақпақылда.***

**ҚАҚБАЛЫҚ** зат. *Күнге кептіріліп, қақталған балық.*

**ҚАҚБАС** сын. **1.** *Баласыз, жалғыз, соқа басты адам.* **2.** экспр. жақтырмау. *Қартайып, жасы келсе де тыным таппай айналасына маза бермейтін, тынымсыз кәрі кісіге қаратыла айтылады.* **3.** ауыс. *Жексұрын, сұмырай, оңбаған.*

**ҚАҚБАСТЫҚ** зат. *Сұмырайлық, оңбағандық, мейірімсіздік.*

**ҚАҚБАУ** зат. зергер. *Әшекей, әйелдердің әсемдік бұйымдары.*

**ҚАҚЖАРЛЫ** сын. *Екі топ, жақ-жақ, екіұдай.*

**ҚАҚЖІЛІК** зат. *Ортан жілік.*

**ҚАҚИ=** ет. **1.** *Қақаю, қалшию.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге көнбеу, иілікпеу.*

**ҚАҚИҒАН** сын. *Қатып қалған.*

**ҚАҚИҚАТ** зат. сөйл. ***Ақиқат.***

**ҚАҚИТ=** ет. *Тікесінен тік тұрғызып қою.*

**ҚАҚ-ҚАҚ[1]** сын. сөйл. *Қаспақ-қаспақ; кір-кір.*

**ҚАҚ-ҚАҚ[2]** үст. *Қарс-қарс, шыт-шыт, тілім-тілім.*

**ҚАҚҚЫ** зат. сөйл. ***Қақпай.***

**Қаққы көрді [жеді].** сөйл. ***Қақпай көрді*** *(біреуден зәбір шекті, қорлық көрді).*

**ҚАҚҚЫЗ=** ет. *Қақтыру.*

**ҚАҚҚЫЗУ** *Қаққыз етістігінің қимыл атауы; қақтыру, кіргізу.*

**ҚАҚҚЫЛА=** ет. *Қағып-қағып жіберу, қаға түсу.*

**ҚАҚҚЫЛАУ** *Қаққыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚҚЫ-СОҚҚЫ** зат. *Зәбір-жапа, зорлық-зомбылық.*

**ҚАҚҚЫШ** сын. **1.** *Қағып түскіш, алғыр.* **2.** ауыс. *Тінтігіш, ұры.*

**ҚАҚҚЫШТА=** ет. *Қайта-қайта қаққылау, қаға бергіштеу.*

**ҚАҚҚЫШТАН=** ет. *Қаққыштай беру.*

**ҚАҚҚЫШТАУ** *Қаққышта етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта қаға беру.*

**ҚАҚПА**[1] з а т . **1.** *Адам, көлік т.б. гимаратқа немесе оның ауласына енетіндей етіп жасалған үлкен есік, дарбаза. // Қорғандар мен бекініс, қалалардың сыртына орнатылған тосқауыл, ауыр, берік есік.* **2.** с п о р т . *Футболшылар доп түсіру үшін арнайы жасалған торлы тосқауыл.* **3.** а у ы с . *Бір ел мен екінші бір ел, бір континент пен екінші континент аралығындағы қатынаста маңызды орын алатын қала не тарихи орын.* **4.** п о э т . *Басқа бір әлемнің есігі, басқа кеңістікке, дүниеге апаратын аралық жол.*

**ҚАҚПА**[2] с ы н . м у з . *Қағып тартылатын, қағып ойналатын.*

**ҚАҚПА**[3]**: қақпа сөз**. *Тиісе, қағыта сөйлеген сөз.*

**ҚАҚПА**[4]**: қақпа шекпен**. *Жібін тартып, қаттырақ етіп тоқыған шекпен.*

**ҚАҚПА**[5]**: қақпа алаша**. *Түрлі-түсті өрнексіз тоқылған жай алаша.*

**ҚАҚПАДАЙ** с ы н . *Қақпа сияқты үлкен, абажадай.*

**ҚАҚПАЙ**[1] з а т . **1.** *Қағып-соғу, қақпалау, шеттету.* **2.** *Іліп қақпа сөз.*

**Қақпай көрді.** *Зәбір көрді, азап шекті.*

**ҚАҚПАЙ**[2] з а т . *Шабылған шөп не астықтың шашылмауы үшін шалғының мойын жағына бекітілетін қосалқы иілген ағаш.*

**ҚАҚПАЙ**[3]**: қақпай тас**. с ө й л . ***Қақпатас***.

**ҚАҚПАЙЛА=** е т . **1.** *Қайыру, бұру.* **2.** *Аяғымен қақпақылдау.* **3.** а у ы с . *Еркіне жібермеу, тыйым салу, тежеу.*

**ҚАҚПАЙЛАЙ-ҚАҚПАЙЛАЙ** ү с т . *Қайыра- қайыра.*

**ҚАҚПАЙЛАП-ҚАУМАЛА=** е т . *Еркіне жібермеу, өз ырқына көндіру.*

**ҚАҚПАЙЛАС=** е т . *Сөз жарыстыру, айтысу, тайталасу.*

**ҚАҚПАЙЛАСУ** *Қақпайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚПАЙЛАУ** *Қақпайла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды, көлікті өз еркіне жібермей тура жолмен жүргізу.* **2.** а у ы с . *Еркіне жіберу.*

**ҚАҚПАЙ-СОҚПАЙ** з а т . **1.** *Тиіп-қашып, іліп-шалып істелген іс-әрекет.* **2.** *Қақпайлаған, соқтыққан қылық.*

**ҚАҚПАЙ-СОҚПАЙСЫЗ** с ы н . *Қақпай-соқпайы жоқ, іліп-шалып кетпей.*

**ҚАҚПАҚ** з а т . **1.** *Әртүрлі ыдыстардың ауыз жапқышы.* **2.** *Терезелердің сыртынан жабылатын ағаш жапқы.* **3.** *Рояль, фортепьяно сияқты аспаптардың клавиштерін (тілдерін) үстінен жауып тұратын жиналмалы беті, жапқышы.* **4.** *Жертөлелер мен құдықтарға түсу үшін арнайы жасалған есік, ашылатын бет.* **5.** м е д . *Жүректен денеге таралатын қанды бір шығарып, бір тежеп тұратын клапандар.*

**Қақпағы ашылды.** п о э т . *Ойы, сыры сыртқа шықты, белгілі болды.* **Қақпақ жауырынды**. *Жауырыны кең, тұтас біткен.* **Қақпақ құйрықты**. *Үлкен, жалпақ біткен құйрықты (қазақы қойдың құйрығы туралы).* **Қақпақ мұрт**. *Ауызды жаба өскен қалың мұрт.* **Қақпақ тас.** ж е р г . *Құлпытас, бейіт басына қойылған белгі тас.*

**ҚАҚПАҚТА=** е т . *Қақпақпен жабу, үстін бекіту.*

**ҚАҚПАҚТАЙ** с ы н . *Қақпақ сияқты үлкен, зор.*

**ҚАҚПАҚТАЛ=** е т . *Қақпақ салыну, қақпақпен жабылу.*

**ҚАҚПАҚТАЛУ** *Қақпақтал етістігінің қимыл атауы; қақпақпен жабылу.*

**ҚАҚПАҚТАН=** е т . *Жауырыны жазылу, жетіле түсу, өсу.*

**ҚАҚПАҚТАНУ** *Қақпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚПАҚТАТ=** е т . *Қақпақ жасату, қақпақпен жапқызу.*

**ҚАҚПАҚТАТУ** *Қақпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚПАҚТАУЛЫ** с ы н . *Қақпағы жабылған, қақпақ салынған.*

**ҚАҚПАҚТЫ** с ы н . *Қақпағы бар, қақпақ салынған.*

**ҚАҚПАҚША**[1] з а т . **1.** *Кішкене қақпақ.* **2.** а н а т . <лат. valvula> *Қанның бір бағытта ағуын қамтамасыз ететін жүрек бөлімі.*

**ҚАҚПАҚША**[2] ү с т . *Қақпақ сияқты, қақпақ тәрізденіп, қақпаққа ұқсап.*

**ҚАҚПАҚШАЛЫ** с ы н . *Қақпақшасы бар, қақпақша салынған.*

**ҚАҚПАҚЫЛ** з а т . **1.** о й ы н . *Бес не жеті асықты [тасты] қол сыртымен қағып ойнайтын балалар ойыны.* **2.** а у ы с . *Біреулерден көрген түртпек, қақпай.*

**Қақпақылға салды.** а) *Қағытып тиісті, сөзбен ілгіштеді.* ә) *Ойнатты, әлек қылды.* **Қақпақылға түсті**. а) *Әркімге бір ауысты, қолдан-қолға өтті.* ә) *Қиыншылық көрді, әр нәрсені көрді.* **Қақпақыл етті [қылды].** *Ойыншық көрді, қағытты; біреуді қаққыға ұшыратты, зәбір-жапа шектірді.* **Қақпақыл [етіп, қылып, ғып] ойнады**. а) *Білгенін істеді, әлек қылды.* ә) *Допты қақпақылдап, емін-еркін тепті.*

**ҚАҚПАҚЫЛА=** е т . **1.** *Қаққыштау, допты жерге түсірмей ойнау.* **2.** *Алақанмен арқадан қағып жүргізу.* **3.** а у ы с . *Сөзін кесу, сөйлеткізбеу.*

**ҚАҚПАҚЫЛДА=** е т . **1.** *Қақпақыл етіп ойнау, допты жерге түсірмей қақпалай тебу.* **2.** *Қағып-соғу, киіп-жару.* **3.** *Аударып-төңкеру, ары-бері қозғау.*

**ҚАҚПАҚЫЛДАЙ** с ы н . *Қақпақыл сияқты, қақпақыл тәрізді.*

**ҚАҚПАҚЫЛДАУ** *Қақпақылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қақпақыл етіп ойнау.* **2.** *Ары-бері лақтыру.* **3.** а у ы с . *Қолқалау, қақпақыл болу, кеу-кеулеу.*

**ҚАҚПАҚЫЛША** ү с т . **1.** *Қақпақыл тәрізді; тез, ылдым-жылдым.* **2.** *Әрлі-берлі, ерсілі-қарсылы.*

**ҚАҚПАЛА=** е т . **1.** *Қайыру, қайта-қайта қағу, қаққыштау.* **2.** а у ы с . *Тыйым салу, тежеу.* **3.** а у ы с . *Ерік-ықтиярына қарамау, еркіне жібермеу, санаспау, зорлық қылу.* **4.** а у ы с . *Бөгет болу, кедергі жасау.* **5.** а у ы с . *Сөз бермеу, сөз жарыстыру.*

**ҚАҚПАЛАУ** *Қақпала етістігінің қимыл атауы; еркіне жібермеу, тыйым салу, зорлық қылу.*

**ҚАҚПАЛЫ** с ы н . *Қақпа орнатылған, қақпасы бар.*

**ҚАҚПАЛЫҚ** с ы н . *Қақпа боларлық, қақпа жасауға жарарлық.*

**Қақпалық вена.** а н а т . <лат. vena portae> *Ас қорыту мүшелерінен және көкбауырдан қанды жинайтын көктамыр.*

**ҚАҚПАН** з а т . **1.** *Аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал.* **2.** а у ы с . *Кедергі, тосқауыл.*

**Қақпанға арандады.** *Қақпанға түсті, ұсталды.* **Қақпанға итерді.** *Жамандық істеді.* **Қақпанға түскен аңдай.** *Ұсталып қалғандай, құтыла алмайтындай.* **Қақпанға түсті [ілікті].** *Торға түсті, ұсталды, кедергіге тап болды.* **Қақпанға түсірді.** *Отырғызып кетті, айласын асырды, алдады.* **Қақпан құрды.** а) *Аңды ұстайтын құралды орнатты.* ә) *Біреуді айлаға түсіргісі келді, алдамақ болды.* б) *Кедергі келтірді, тосқауыл жасады.* **Қақпан миналар.** ә с к . *Тиіп кеткенде, орнынан жылжытқанда, қолға алғанда немесе минажарғышқа жасырын қосылған миналанған алдамшы затты қолдану кезінде жарылатын стандартқа сай емес инженерлік миналар.* **Қақпанның қанды аузын басты.** *Қолға мықтап түсті.* **Қақпан салды.** *Аңды қолға түсіру үшін қақпан құрды.* **Қақпанына ілінді.** *Құрған торына шырмалды, алдауға түсті, ұсталды.* **Қақпанға түсірді.** а) *Алдауға түсірді, қолға түсірді.* ә) *Басын айналдырды, өзіне қаратты.* **Қақпанға түсті.** а) *Аңның аяғы құрылған қақпанның аузына қысылды.* ә) *Басына іс түсті, тығырыққа тірелді.*

**ҚАҚПАНБЕЛ** с ы н . *Бел арқасы жалпақтау.*

**ҚАҚПАНДА=** е т . **1.** *Еркіне жібермеу, қамап ұстау.* **2.** *Тырп еткізбей дегенін істету, уысында ұстау.*

**ҚАҚПАНДАЙ** с ы н . **1.** *Қақпан сияқты, қақпан тәрізді.* **2.** а у ы с . *Қатты, мығым.* **3.** а у ы с . *Ауыр, зілдей (қаза, қайғы, уайым, шер).*

**ҚАҚПАНДЫ** с ы н . *Аяғында қақпаны бар, қақпанға түскен.*

**ҚАҚПАНШЫ** з а т . *Қақпан құрып, аң аулайтын адам, аңшы.*

**ҚАҚПАНШЫЛ** с ы н . *Қақпан құрғыш, айлакер, қу.*

**ҚАҚПАС** с ы н . с ө й л . ***Қақбас***. **1.** ж а ғ ы м с ы з . *Егде, кәрі адамды жақтырмау нышанымен айтылады.* **2.** *Айлакер, қу, әккі. // Қу, әккі адам.*

**ҚАҚПАСЫЗ** с ы н . *Қақпасы жоқ, қақпа салынбаған.*

**ҚАҚПАТАС** з а т . о й ы н . *Қақпаға тас лақтырып ойнайтын ойын.*

**ҚАҚПАША** ү с т . *Қақпа тәрізді, ашпалы-жаппалы.*

**ҚАҚПАШЫ** з а т . к ө н е . **1.** *Қалалар мен бекініс сарайлар сияқты үлкен орындардың қақпасын күзетуші; қарауыл.* **2.** с п о р т . *Футбол ойынында қақпаны қорғайтын ойыншы.*

**ҚАҚПАШЫДАЙ** с ы н . *Қақпашы сияқты, қақпашы тәрізді.*

**ҚАҚПАШЫҚ**[1] з а т . *Кішкене қақпа, қақпаша.*

**ҚАҚПАШЫҚ**[2] з а т . а н а т . *Қан тамырларындағы қан айналымын қалпына келтіріп тұратын кедергілер.*

**ҚАҚПАШЫЛЫҚ** з а т . *Қақпа қорғаушылық, қақпашы болып ойнаушылық.*

**ҚАҚПЫШ**[1] з а т . **1.** т а м а қ . *Боршаланып тұздалған майлы ет, кепкен сүр, қақталған ет.* **2.** а у ы с . *Қатып-семген, арық; қатпа.*

**ҚАҚПЫШ**[2] з а т . ж е р г . *Ортасы тесіліп, қыл өткізілген бес тиындық қара бақыр және осы нәрсені балалардың сыңар аяқпен теуіп ойнайтын ойыны.*

**ҚАҚПЫШТАЙ** с ы н . *Қақпыш сияқты қатып-семген, арық.*

**ҚАҚПЫШТАЛ=** е т . с ө й л . ***Қақпыштан.***

**ҚАҚПЫШТАЛУ** *Қақпыштал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚПЫШТАН=** е т . *Сірілену, қасаңдану, қатып-сему, кебу.*

**ҚАҚСА**[1]**=** е т . **1.** *Ауыз жаппай сарнау, құлақ етін жеу.* **2.** *Қайта-қайта айту, қайталау.* **3.** а у ы с . *Зар илеу, зар қағу.*

**ҚАҚСА**[2]**=** е т . *Сай-сүйегі сырқырау, сыздау.*

**ҚАҚСА**[3] с ы н . с ө й л . ***Қақсал***.

**ҚАҚСАЛ**[1] с ы н . *Кексе тартқан, қартая бастаған.*

**ҚАҚСАЛ**[2]**: қақсал ағаш.** *Әбден бабына келіп кепken ағаш.*

**ҚАҚСАТ**[1]**=** е т . **1.** *Зар илету, зар жылату.* **2.** *Көп сөйлету, сарнату, зарлату.*

**ҚАҚСАТ**[2]**=** е т . *Сүйекті сырқырату.*

**ҚАҚСАТ: қақсата ұрды**. *Бар пәрменімен қойып қалды, бар күшін салып ұрды.*

**ҚАҚСАТТЫР=** е т . *Зар илеттіру.*

**ҚАҚСАТУ** *Қақсат етістігінің қимыл атауы; зарлату, жылату.*

**ҚАҚСАТУШЫЛЫҚ** з а т . *Қақсатып қоюшылық, зарлатушылық; қиянат, зорлық.*

**ҚАҚСАУ**[1] *Қақса етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қайта-қайта айту, зарлау.* **2.** *Зар илеу, ауыз жаппау.*

**ҚАҚСАУ**[2] *Қақса етістігінің қимыл атауы; сай-сүйегі сырқырап ауыру.*

**ҚАҚСАУЫҚ**[1] с ы н . **1.** *Қақсай беретін, заржақ.* **2.** *Қайталана беретін, құлаққа түрпідей тиетін, жағымсыз.*

**ҚАҚСАУЫҚ**[2] с ы н . *Қатты қақсап ауыратын, қақсай беретін (ауру).*

**ҚАҚ-СОҚ** з а т . *Құлық-сұмдық, теріс ой. // Ұсақ-түйек, майда (тірлік).*

**Қақ-соғы жоқ.** *Құлық-сұмдықпен ісі жоқ.* **Қақ-соқпен ісі [жұмысы] жоқ**. *Құлық-сұмдықты, алдауды білмейтін.*

**ҚАҚ-СОҚСЫЗ** с ы н . *Қақ-соғы жоқ, құлық-сұмдықты білмейтін.*

**ҚАҚ-СОҚСЫЗДЫҚ** з а т . *Қақ-соғы жоқтық, турашылдық, бүкпесіздік.*

**ҚАҚ-СҰҚ** з а т . с ө й л . ***Қақ-соқ***.

**ҚАҚСУ** *Қақсы етістігінің қимыл атауы; сусыз қалу, қаңсу.*

**ҚАҚСЫ=** ет. сөйл. ***Қаңсы.*** **1.** *Сусыз қалу, суы біту.* **2.** *Кебу, құрғау.* **3.** *Күнқақты болу.*

**ҚАҚСЫМАҚ** зат. *Қақ боп тұрған су, болар-болмас көлшік.*

**ҚАҚСЫТ=** ет. **1.** *Сусыз, сусынсыз қалдыру, қаңсыту.* **2.** *Күнге кептіру, қақтау, дегдіту.*

**ҚАҚСЫТУ** *Қақсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚТА[1]=** ет. **1.** *Аңның, малдың, құстың етін істік ағашқа, сымға қадап, отқа ұстап пісіру.* **2.** *Қыздырыну, жылыну.* **3.** *Күйдіру.*

**ҚАҚТА[2]=** ет. **1.** қолөнер. *Әртүрлі әбзел бұйымға алтын, күміспен өрнек салу, әшекейлеу.* **2.** ауыс. *Баптау, жарату.*

**ҚАҚТА[3]=** ет. *Түк қалдырмау, сарқу, тауысу.*

**Қақтап білу.** жерг. *Көп білу, терең, жан-жақты білу.* **Қақтап сауды.** *Түк қалдырмай, жебеп сауып алды.*

**ҚАҚТАЙ** сын. *Қақ суындай, қақ сияқты.*

**ҚАҚТАЛ[1]=** ет. **1.** *Күнқақты болу, кұю.* **2.** *Балықтың отқа, түтінге ысталып, кептірілуі.*

**ҚАҚТАЛ[2]=** ет. қолөнер. *Алтын, күміспен өрнек салыну, әшекейлену.*

**ҚАҚТАЛУ** *Қақтал етістігінің қимыл атауы.*

**Қақталу құрышы.** геол. *Негізінен шөлдер мен шөлейттердегі жартастар мен таужыныс ашылымдарының беткі жазықтығында пайда болатын қоңыр қошқыл немесе қара түсті жалтырауық жұқа (0,5–5 мм) қабықша.*

**ҚАҚТАМА[1]** зат. тамақ. **1.** *Табаға не қазанға қақтап пісірілген нан; қазантөңкерме.* **2.** *Жұқа шелпек тәрізді жайылып, қызған қазанға қарыған қамыр; нан.* **3.** *Шоққа пісірілген тағам, ет.*

**ҚАҚТАМА[2]** сын. жерг. *Күйіп тұрған, өртеніп тұрған.*

**ҚАҚТАН[1]=** ет. **1.** *Отқа қыздырыну, жылыну.* **2.** *Күнге қыздырыну, күн шуағына бөлену.*

**ҚАҚТАН[2]=** ет. *Қақ тұру, қақ басу.*

**ҚАҚТАНУ[1]** *Қақтан етістігінің қимыл атауы. Отқа қыздырыну, жылыну.*

**ҚАҚТАНУ[2]** *Қақтан[2] етістігінің қимыл атауы;* терм. кен. *Қорыту пештері қабырғаларында, ішкі табандарында және болат құятын шөміштерде металл немесе қож қақтарының (қабыршақтарының) пайда болу процесі.*

**ҚАҚТАТ[1]=** ет. **1.** *Отқа не түтінге ұстап кептіру, ыстау.* **2.** *Күнге күйдіру.*

**ҚАҚТАТ[2]=** ет. *Түк қалдырмай еміз*у.

**ҚАҚТАУ[1]** *Қақта етістігінің қимыл атауы; отқа не түтінге ұстап кептіру, ыстау.*

**ҚАҚТАУ[2]** *Қақта етістігінің қимыл атауы; әртүрлі әбзел бұйымға алтынмен, күміспен өрнек салу.*

**ҚАҚТАУЛЫ** сын. *Қақталған, кептірілген.*

**ҚАҚТЫҒА-СОҚТЫҒА** үст. *Қағып-соғып, әр нәрсеге бір тиіп.*

**ҚАҚТЫҒУ** *Қақтық етістігінің қимыл атауы; соқтығу, соғылу. // Қақтығыс, ұрыс-керіс.*

**ҚАҚТЫҒЫС** зат. **1.** *Бетпе-бет соғыс, шайқас.* **2.** *Кикілжің, жанжал.* **3.** *Ұрыс-керіс.*

**ҚАҚТЫҒЫС=** ет. **1.** *Қағылып-соғылу, соқтығысу.* **2.** *Ұрысып-керісу, сөзге келу, айтысу.* **3.** *Қырғи-қабақ болу, араздасу.*

**ҚАҚТЫҒЫСТЫР=** ет. **1.** *Қақтығысып-соғыстырту.* **2.** *Ұрыстырып-керістіру.* **3.** ауыс. *Астан-кестен ету, бей-жай қылу.*

**ҚАҚТЫҒЫСТЫРТ=** ет. *Қақтығысып-соғыстырту, ұрыстырып-керістіру.*

**ҚАҚТЫҒЫСТЫРУ** *Қақтығыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жанжалдастыру, егестіру.* **2.** *Қарсы келтіру, шиеленістіру.*

**ҚАҚТЫҒЫСУ** *Қақтығыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Соғысу.* **2.** *Ұрысып-керісу.*

**ҚАҚТЫҚ[1]=** ет. **1.** *Соқтығу, соғылу.* **2.** *Бөле іздеп тиісу.* **3.** *Абыр-сабыр болу.* **4.** ауыс. *Ұшырау, тап болу, кез болу.*

**ҚАҚТЫҚ[2]=** ет. *Бет-аузы жарылу, кебірсу.*

**ҚАҚТЫР=** ет. **1.** *Ағаш, шеге, қазық т.б. ұзынша, істік заттарды жерге қадату.* **2.** *Сілкіп не ұрып шаңын кетірту.* **3.** *Соқтыру.*

**ҚАҚТЫРМАЛА=** ет. *Бастырмалау, қолқалау.*

**ҚАҚТЫРУ** *Қақтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚТЫРУ-СОҚТЫРУ** *Қақтырып-соқтыр етістігінің қимыл атауы; ем-дом жасау.*

**ҚАҚТЫРЫП-СОҚТЫР=** ет. **1.** *Қағып-сілкіп тазарту, жинастыру, жиып-тергізу.* **2.** ауыс. *Әртүрлі ем жасау, емдеп-домдау.*

**ҚАҚШАЙ=** ет. сөйл. ***Қақши.***

**ҚАҚШАЙТ=** ет. сөйл. ***Қақшит.***

**ҚАҚШАҚТА=** ет. сөйл. ***Қақшаңда.***

**ҚАҚШАҢ** елік. *Басын бірден, тез қақшитып көтеріп алған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Қақшаң қаққан.** *Қақаңдаған, пысық.* **Қақшаң қақты.** *Қақаң-қақаң етті, қақшаңдап тұрып алды.*

**ҚАҚШАҢДА=** ет. *Қақшаң-қақшаң ету, қақаңдау.*

**ҚАҢШАҢДАТ=** ет. *Қақшаң-қақшаң еткізу, қақаңдату.*

**ҚАҚШАҢДАУ** *Қақшаңда етістігінің қимыл атауы; қақшаң-қақшаң ету, қақаңдау.*

**ҚАҚШАҢ-ҚАҚШАҢ** елік. *Бастарын қайта-қайта көтеріп қақшаңдатқан қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Қақшаң-қақшаң етті.** *Тыным таппады, қақаңдады.*

**ҚАҚШИ=** ет. **1.** *Тікеден-тік тұру, қақию.* **2.** *Жан-жағына қарамай тік жүру.*

**ҚАҚШИТ=** ет. *Басын қақайтып көтеріп алу.*

**ҚАҚШУ** *Қақшы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сыпырып-сыйыру, жинау.* **2.** *Қалтаға түсу, ұрлау.*

**ҚАҚШЫ=** ет. **1.** *Жерге түсірмей қағып алу, іліп түсу.* **2.** *Жып еткізу, лып еткізіп ала қою, ұрлау, қалтаға түсу.* **3.** ауыс. *Біреудің аузынан шыққан сөзді қағып алу.*

**Қақшып кетті [түсті].** а) *Іліп кетті, ұрлады.* ә) стиль. *О дүниеге аттандырды, о дүниелік қылды.*

**ҚАҚШЫТ=** ет. *Қақтыру, қағып жегізу, бір-бірлеп, аз-аздан беру.*

**ҚАҚЫ[1]** зат. *Ерік, құқ.*

**Қақы бар.** *Ерікті, қақылы, правосы бар.* **Қақы жоқ.** *Еріксіз, құқы жоқ.* **Қақысы жоқ.** сөйл. ***Қақы жоқ.***

**ҚАҚЫ[2]** зат. ескікіт. ***Ақы.***

**ҚАҚЫ[3]** зат. жерг. ***Зықы.***

**ҚАҚЫ[4]** зат. өс. жерг. *Бақбақ гүлі.*

**ҚАҚЫ[5]** зат. көне. *Айлық, жалақы, өтем ақы.*

**ҚАҚЫЛДА[1]=** ет. **1.** *Қақақтаған дыбыс шығару.* **2.** *Қайталай беру, қақсау.* **3.** ауыс. *Заржақтану, көп сөйлеу.* **4.** сөйл. *Күркілдеп жөтелу, көксаулану.*

**ҚАҚЫЛДА[2]=** ет. *Қатты суыну, қақап кету.*

**ҚАҚЫЛДАҚ** сын. *Қақылдай бергіш, қақылдап қалған; заржақ. // Көп сөйлейтін, заржақ адам.*

**ҚАҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қақ-қақ еткізіп, қақақтаған дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Сөзге, тілге келтіру, жан бітіру.* **3.** ауыс. *Көп сөйлету, мылжыңдату, сарнату.*

**ҚАҚЫЛДАУ** *Қақылда етістігінің қимыл атауы; көп сөйлеу, заржақтану, қақсау.*

**ҚАҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Қақылдағыш; қақсауық.*

**ҚАҚЫЛЫ** сын. *Қақысы бар, ерікті, құқықты.*

**ҚАҚЫЛЫҚ** зат. *Құстың қақылдап дыбыс шығаруы; қиқу.*

**ҚАҚЫЛЫҚТА=** ет. **1.** *Қақылық ату, қақылдау.* **2.** ауыс. *Арқа-жарқа, мәз-мәйрам болу.*

**ҚАҚЫЛЫҚТАУ** *Қақылықта етістігінің қимыл атауы; қақылық ату.*

**ҚАҚЫНДА** шыл. кіт. *Туралы, жөнінде.*

**ҚАҚЫР=** ет. **1.** *Тамағын қырнай түкіріну, қақырық шығарып, кеуде тазарту.* **2.** *Жөткіріну, тамағын қырнау.*

**Қақырғаны қайма алтын, түкіргені түйме алтын.** фольк. *Мөп-мөлдір, тап-таза; кіршіксіз.* **Қақырғаны қайым алтын, түкіргені түйме алтын болды.** жерг. *Беделі артты, айтқаны болды, дәуірі жүрді.*

**ҚАҚЫРА** зат. *Қамыстан, балшықтан қаланған уақытша баспана, күрке.*

**ҚАҚЫРА[1]=** ет. **1.** *Етік, бәтеңке т. б. заттардың ұлтаны сөгілу, айырыла жыртылу.* **2.** ауыс. *Бет-бетімен кету, тоз-тоз болу.* **3.** ауыс. *Қарс айырылу, жарылу.*

**ҚАҚЫРА[2]=** ет. сөйл. ***Қақау.***

**ҚАҚЫРА[3]=** ет. сөйл. *Қаңырау, бос қалу.*

**ҚАҚЫРАДАЙ** сын. **1.** *Дағарадай үлкен, биік.* **2.** *Мол, кең.*

**ҚАҚЫРАЙ=** ет. сөйл. **1.** *Қоқаю, қоқыраю, қақшию.* **2.** ауыс. *Көкірек көтеру, кісімсу.*

**ҚАҚЫРАЙТ=** ет. **1.** *Қоқырайту, қоқиту.* **2.** *Көзге түсіру, ерекше көрсету.*

**ҚАҚЫРАЛЫ** сын. *Қақырасы көп, қақырасы бар, қақыра салынған.*

**ҚАҚЫРАМ** сын. жерг. *Сылқым.*

**ҚАҚЫРАТ=** ет. **1.** *Дүрсілдету, жаңғырықтыру.* **2.** *Аямай қатты ұру.* **3.** *Төтелеу, тура тарту.*

**ҚАҚЫРАУ** *Қақыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҚЫРАШ** сын. *Киімі жыртық, тозған, жамау-жасқау.*

**ҚАҚЫРҒЫШ** зат. *Науқас не қарт адамдар түкіру үшін пайдаланатын ыдыс.*

**ҚАҚЫРУ** *Қақыр етістігінің қимыл атауы; қақырық тастау.*

**ҚАҚЫРЫҚ** зат. <лат. pituita> *Ішкі органдардан қақырғанда түсетін көк жалқық; жалқаяқ.*

**Қақырығы қан татыды, түкірігі жын татыды.** фольк. *Сусады, аузы аңызып, қатты шөлдеді.*

**ҚАҚЫРЫҚТЫ** сын. *Қақырық аралас, қақырық тастайтын.*

**ҚАҚЫРЫН=** ет. **1.** *Қақырық тастау.* **2.** *Жөткіріну, жөткіру.* **3.** ауыс. *Тамағын қырнап, дыбыс беру.*

**ҚАҚЫРЫНДЫР=** ет. *Тамақты жыбырлату, қақырық тастату.*

**ҚАҚЫРЫНУ** *Қақырын етістігінің қимыл атауы; қақырық тастау, жөткіріну.*

**ҚАҚЫРЫНЫП-ЖӨТКІРІН=** ет. *Тамағын қырнап, жөтеліп-жөткіріну.*

**ҚАЛ[1]** [ир.خال] зат. **1.** *Теріде болатын әртүрлі дақ.* **2.** мед. *Тері дамуының ақауы.*

**ҚАЛ[2]** зат. жерг. сөйл. *Хал, жағдай.*

**ҚАЛ=** ет. **1.** *Еш жаққа кетпей, бұрынғы орнында, сол жерде болу.* **2.** *Бар болу, сақталу.* **3.** *Мезгілді уақытқа үлгере алмай кешігу.* **4.** *Керексіз болу, кәдеге аспау, ұмытылу.* **5.** лингв. сөйл. *Қолданылмау, архаизмге айналу, көнеру.* **6.** *Мирас болу.* **7.** ауыс. *Алдыңғы қатарда болмау, кейіндеу.* **8.** *Болымсыз формада келіп бірге, қатар жүру деген мағынаны білдіреді.* **9.** ауыс. *Дағдылы іс-әрекеттен тыйылу.* **10.** ауыс. *Құру, кету, жойылу.*

**Қала берді [берсе].** *Тіпті, былайша айтқанда.*

**ҚАЛА** [ир.قلعه] зат. **1.** *Халқының саны белгілі бір мөлшерге жеткен, тұрғындары негізінен өнеркәсіп пен құрылыста, қызмет көрсету мен сауда орындарында, ғылыми, мәдени мекемелер мен басқару аппараттарында т.б. салаларда қызмет ететін ірі елді мекен.* **2.** көне. *Отырықшы мекен; кент.* **3.** ауыс. *Қорған, сүйеніш, тірек.*

**Қала әкімшілігі.** саяси. *Қалалық басқару органы.* **Қала әкімі.** қоғ.-саяси. *Қалалық мемлекеттік атқару органдарының басшысы.* **Қала дабыры.** *Қаланың у-шуы.* **Қала көлігі.** *Қала аумағында және қала маңындағы аймақта жолаушы және жүк тасымалын, сондай-ақ қаланы көркейтумен байланысты жұмыстарды атқаратын көлік түрлерінің кешені.* **Қала құрылысы.** *Қала салудың жоспарлы теориясы мен оның іске асуы; қоғам өмірінің материалдық ортасын ұйымдастыруға арналған архитекту-*

*ралық қызметтің ғылыми-тәжірибелік түрі.* **Қала тұрғындары.** *Қалалар мен кенттерде тұратын халық.*

**ҚАЛА[1]=** ет. **1.** *Қабырғасын кірпішпен, тастан өру, көтеру.* **2.** *Біртектес заттарды тәртіппен қиюластырып, текшелеп бірінің үстіне бірін қою.*

**ҚАЛА[2]=** ет. **1.** *Қолқа салу, сұрау.* **2.** *Мақұл көру, ұнату, тілеу.*

**Қалап алды.** *Ұнатып, сүйіп жар етті, өзі таңдады.*

**ҚАЛААРАЛЫҚ** сын. *Екі не бірнеше қалаға қатысты.*

**ҚАЛАӘКІМДІК** зат. жаңа. *Қалалық әкімшілік.*

**ҚАЛАБА** зат. *Ұрыс-керіс, жанжал.*

**ҚАЛАБАСЫ** зат. *Қала әкімі.*

**ҚАЛАДАЙ** сын. **1.** *Қала сияқты, қала тұрмысындай, қала мәдениетіндей.* **2.** ауыс. *Үлкен, іргелі.*

**ҚАЛА-ДАЛА** зат. *Ойдағы-қырдағы барлық жер, бүкіл ел.*

**ҚАЛАЙ** есім. *Белгілі бір зат не іс-әрекеттің мән-жайын білу үшін қойылатын сұрау сөз.*

**Қалай айтсаң, олай айт.** *Не десең о де, өзің біл.* **Қалай болса, солай**. *Ұқыпсыз, тәртіпсіз, бейберекет; немқұрайды, селсоқ, немкетті.* **Қалай да болмасын.** *Қайткен күнде.* **Қалай дегенмен**. *Не десе де, қалайда; қанша айтқанмен, қалай десең олай де.*

**ҚАЛАЙДА** есім. *Белгілі іс-әрекеттің болу мүмкіндігін білдіретін сөз.*

**ҚАЛАЙ-ҚАЛАЙ** есім. *Қимыл-сын мағыналы сұрау сөз.*

**Қалай-қалай десек те.** *Қалай дегенмен, қалай болған күнде де.*

**ҚАЛАЙМАҚАН** зат. *Тартыс-талас.*

**ҚАЛАЙСАН[1]** зат. өс. *Қауынның жемістері ірі (8-12 кг тартатын), ұзақ сақталатын, дәмді сорты.*

**ҚАЛАЙСАН[2]** зат. кәс. *Қауынның ірі, дәмді сорттарының бір түрі.*

**ҚАЛАЙША** есім. *Қайтіп, қандай себеппен, не себепті.*

**ҚАЛАЙЫ** зат. **1.** <лат. stannum> *Күмісше жылтырайтын ақ түсті, оңай балқитын жеңіл металл. // Қалайыдан жасалған.* **2.** ауыс. *Нарқы төмен арзанқол нәрсе.*

**Қалайы жалату.** кен. *Металдан, негізінен болаттан және мыстан жасалған бұйымдарға немесе жартылай фабрикаттарға тотығудан сақтау үшін немесе дәнекерлеу процесін оңайлату үшін қалайы жағу, қосу.* **Қалайы кентастары.** кен. *Қалайы металы шоғырланған минералдық шикізат.* **Қалайы қабат.** *Қалайылау кезінде бұйымдардың бетінде пайда болатын металл қабаты.* **Қалайы қосылыстары.** *Қалайы элементі түзетін химиялық қосылыстар.*

**ҚАЛАЙЫҚ** [ар. خلائق] зат. ***Халайық.*** **1.** *Көпшілік, халық.* **2.** *Халқым, ел-жұртым деген мағынада.* **3.** *Көпшіліктің, жиналған топтың назарын аудару үшін айтылатын қаратпа атауыш.*

**ҚАЛАЙЫЛА=** ет. *Қалайы арқылы ұстату, қалайымен дәнекерлеу.*

**ҚАЛАЙЫЛАН=** ет. *Қалайымен ұстатылу.*

**ҚАЛАЙЫЛАУ** *Қалайыла етістігінің қимыл атауы; металдарға қалайы жалату.*

**ҚАЛАЙЫНША** есім. сөйл. ***Қалайша.***

**ҚАЛАЙЫШЫ** зат. *Қалайы қорытушы, қалайымен жұмыс істеуші.*

**ҚАЛАҚ[1]** зат. **1.** *Ағаштан, темірден жасалған кішкене күрекше.* **2.** *Ескектің суды есетін бөлігі. // Қалаққа ұқсас, бір жағы жалпақтау (зат).*

**Қалақ домбыра.** *Қалаққа ұқсатып тайпақ, жұқа етіп жасалған домбыра.* **Қалақ өркеш.** түйе шар. *Жұмыр, жуан өркешті болып екі жақтанып шықпай, тек көлденеңі шыға біткен жұқа өркеш.*

**ҚАЛАҚ[2]** зат. кәс. *Диірмен айналып тұру үшін ортасына салынатын ағаштан жасал- ған тетік.* .

**ҚАЛАҚАЙ** зат. өс. **1.** *Тиген жерін дуылдатып ашытатын, емдік қасиеті бар өсімдік.* **2.** терм. <лат. urtica> *Қалақай тұқымдасына жататын бір не көпжылдық өсімдік.*

**Қалақай көбелегі.** зоол. <лат. aglais urticae> *Нимфалидтер тұқымдасына жататын, көбінесе, Еуропа мен Азияның қоңыржай аймақтарында мекендейтін қанаты қара жолақты, ашық қызыл сары түсті көбелек.* **Қалақай тұқымдасы.** бот. <лат. urticaceae> *Қос жарнақты өсімдіктер.*

**ҚАЛАҚАЙДАЙ** сын. *Қалақай сияқты удай ащы.*

**Қалақайдай қарыды.** *Удай ашытты.*

**ҚАЛАҚАЙЛА=** ет. көне. *Қалмақтардың жауға шапқанда ұрандатуы.*

**ҚАЛАҚБАСТАН=** ет. *Заттың бас жағының қалақ сияқты жалпақтау болып келуі.*

**ҚАЛАҚСЫЗ** сын. *Қалағы жоқ, қалақ салынбаған.*

**ҚАЛАҚТА=** ет. *Қалақпен жұмыс істеу.*

**ҚАЛАҚТАЙ** сын. **1.** *Қалақ сияқты, қалақ тәрізді.* **2.** *Қаймыжықтай, жұқалаң.*

**ҚАЛАҚТАН=** ет. *Қалақ сияқтану, жұқару.*

**ҚАЛАҚТЫ** сын. *Қалақ салынған.*

**Қалақты мәшине.** тех. *Сұйық (су, май) не газдың (будың) ағу қуатын біліктің айналу қуатына түрлендіретін (мыс., гидравликалық турбина) немесе, керісінше, біліктің айналу қуатын сұйық газдың ағу арынына айналдыратын құрылғы.* **Қалақты сорғылар.** тех. *Жылдам айналатын, ортадан тепкіш, пропеллерлі және диагоналды сұйық сорғыш түрлері.*

**ҚАЛ-АҚУАЛ** зат. сөйл. ***Хал-ахуал.***

**ҚАЛАҚША[1]** зат. **1.** *Кішкене қалақ.* **2.** *Механикалық құрал-сайманның тетігі.*

**ҚАЛАҚША[2]** үст. *Қалақ тәрізді, қалақ секілді.*

**ҚАЛАҚШАДАЙ** сын. *Қалақша сияқты кішкентай.*

**ҚАЛАҚШАЛЫ** сын. *Қалақшасы бар.*

**Қалақшалы сорғы.** тех. *Сұйықтыққа механикалық энергия айналып тұрған жұмыс доңғалағының қалақтары арқылы берілетін сорғы.*

**ҚАЛАЛ** [ар. حلال] сын. сөйл. ***Халал.***

**ҚАЛАЛАН=** ет. *Қалаға ұқсау, көркею, даму, қалаға айналу.*

**ҚАЛАЛЫ** сын. **1.** *Қаласы бар, қала салынған.* **2.** сөйл. *Қалалық.*

**ҚАЛАЛЫҚ** сын. **1.** *Қалаға тән, қалаға қатысты.* **2.** *Қалаға қарайтын.*

**Қалалық газет.** *Таралымы тек бір қаланы қамтитын мерзімді басылым түрі.* **Қалалық телефон желісі.** байланыс. *Қала ішіндегі абоненттер, кәсіпорындар мен мекемелер араларында немесе басқа қалалармен телефондық байланыс орнатуға арналған стансалық және желілік құрылғылар кешені.*

**ҚАЛАМ[1]** [ар. قلم ] зат. *Қаламұш орнатып, сиямен жазатын құрал.*

**Қалам алды.** кіт. *Жазды, хат жолдады.* **Қалам қабақ.** поэт. *Көрікті қабақ.* **Қалам қайраткері.** *Жазушылық ісімен айналысушы, ақын-жазушы, журналист, аудармашы.* **Қалам [қиғаш] қас.** а) *Жіңішке, қиғаш қас.* ә) *Сұлу қыз мағынасында.* **Қалам мата.** *Арзан мата.* **Қалам тартты.** *Жазушылықпен айналысты, шығарма (өлең, әңгіме, повесть, роман т.б.) жазды.* **Қалам тербеді.** *Қағаз бетіне түсірді, жазды.* **Қаламы бас білді.** *Жаза білді, сауатты, шығарма жазды.* **Қаламы бас білетін.** *Жаза білетін, жазуға төселген, сауатты.* **Қаламы желді.** *Жазуға ебі бар, жазғыш.* **Қаламы жүйрік.** *Жазуға төселген, жазғыш.* **Қаламының желі бар.** *Қаламы төселген, қаламы қарымды, жазғыш.* **Қаламы өткір.** *Тілі өткір, тілі дәл, шыншыл.* **Қаламы өткірленді.** *Шығармашылығы шыңдала түсіп, еңбектері, туындылары жақсара түсті.* **Қаламы төселді.** *Жазу ісіне шеберленді, шебер жазатын болды.*

**ҚАЛАМ[2]** зат. этн. *Шаңырақ тесіктеріне кіргізіп қоятын уықтың төрт қырлы сүйір ұшы.*

**ҚАЛАМА** зат. *Қаттылау, қатипа сияқты қаттылау кездеме.*

**ҚАЛАМАҚЫ** зат. <лат. honorarium> *Басылып шыққан еңбегі үшін авторға төленетін ақша, гонорар.*

**ҚАЛАМАҢЫНДЫҚ** сын. көлік. *Қала маңына қатынайтын.*

**ҚАЛАМГЕР** зат. *Шығармашылық жұмыспен айналысушы адам, жазушы.*

**ҚАЛАМГЕРЛІК** сын. ***Жазушылық.***

**ҚАЛАМДА=** ет. **1.** *Уықтың шаңыраққа шаншатын басын төрт қырлау, қалам шығару.* **2.** ауыс. *Найзамен шаншу.*

**ҚАЛАМДАЙ** сын. *Қалам сияқты, қалам тәрізді.*

**ҚАЛАМДАЙЫН** сын. фольк. ***Қаламдай.***

**ҚАЛАМДАЛ=** ет. *Уықтың шаңыраққа шаншатын басының төрт қырланып қалам шығарылуы.*

**ҚАЛАМДАН=** ет. *Қалам шығарылу.*

**ҚАЛАМДАС** сын. *Қызметтес, бірге істейтін, шығармашылықпен айналысушы. // Қызметтес адам, әріптес.*

**ҚАЛАМДОЗ** зат. оккоз. ***Қаламгер.***

**ҚАЛАМДЫҚ** зат. *Уықтың шаңырақ көзіне лайықтап, төрт қырлы етіп жонған басы.*

**ҚАЛАМ-ҚАҒАЗ** зат. *Жазу-сызуға қажетті құрал-сайман.*

**ҚАЛАМПЫР** [ир. قرنفل ] зат. өс. **1.** *Алуан түсті гүлі бар әсемдік үшін өсірілетін хош иісті өсімдік.* **2.** терм. <лат. dianthus> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдік.* **3.** бот. *Дәрі жасауға, тағам, иіссу өнеркәсібінде пайдаланылатын қалампыр тұқымдасына жататын хош иісті өсімдіктің дәні.*

**Қалампыр тұқымдасы.** бот. <лат. caryophyllaceae> *Қос жарнақты өсімдіктердің бір тобы.*

**ҚАЛАМПЫРДАЙ** сын. *Иісі аңқыған, хош иісті.*

**ҚАЛАМПЫРЛА=** ет. *Қалампыр қосу.*

**ҚАЛАМПЫРЛЫ** сын. *Қалампыр қосқан, қалампыры бар.*

**ҚАЛАМСАП** зат. ***Қалам.***

**ҚАЛАМТАРАШ** зат. *Қалам жонғыш, бәкі, шаппа.*

**ҚАЛАМТЕМІР** зат. қолөнер. *Шаңыраққа уықтың ұшы кіріп тұратын тесік тесуге пайдаланылатын аспап.*

**ҚАЛАМҰШ** зат. *Қаламның сияға малып жазатын бөлігі, ұшы.*

**ҚАЛАМША[1]** зат. бот. *Мәдени өсімдіктерді вегетативтік жолмен көбейту үшін аналық өсімдіктен кесіп алынған, өздігінен өсе алатын жапырақ, сабақ, тамыр.*

**ҚАЛАМША[2]** зат. *Кішкене қалам.*

**ҚАЛАМШАЛА=** ет. *Қаламша етіп өсіру.*

**ҚАЛАМШАЛАУ** *Қаламшала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛАМШЫ** зат. *Қаламгер, шығарма-шылықпен айналысушы.*

**ҚАЛАН=** ет. **1.** *Кірпіштен не тастан өрілу.* **2.** *Тезек қаластырылып, от жағылу.* **3.** ауыс. *Орнын табу.* **4.** ауыс. *Жасалу, пайда болу.*

**ҚАЛАНДАР** зат. көне. ***Кәләндар.***

**ҚАЛАНДЫ** зат. **1.** *Текшелеп жиылған зат.* **2.** *Үшбұрышты, тікбұрышты және шаршы тор тәрізді, ағаштан, металдан қаланған шеген құрылым.*

**ҚАЛАНУ** *Қалан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кірпіштен не тастан өрілу.* **2.** ауыс. *Орнын табу.*

**ҚАЛАҢҚА** зат. *Қалқа, ықтырма, таса.*

**ҚАЛАҢҚОЙ** зат. өс. *Жапырақтары қалың, жұмыртқа пішіндес үй өсімдігі.*

**ҚАЛАС[1]** [ар. خلاص ] сын. **1.** *Қақас, жаңылыс.* **2.** *Таза, адал.*

**ҚАЛАС[2]: қалас болды.** а) *Құтылды, босанды.* ә) *Бітті, тамам болды.*

**Қалас қалды.** *Шетқақпай болды, құр қалды.* **Қалас қылды [етті].** *Құр қалдырды, босатты, қалыс қалдырды.*

**ҚАЛАС=** ет. *Кірпіш не тас қалауға көмектесу; үй салысу, қабырғасын өрісу.*

**ҚАЛАСТЫР=** ет. **1.** *Үстін-үстін қойып қиюластыру.* **2.** *От ұзақ, бірқалыпты жану үшін отынды (тезекті) бірінің үстіне бірін қою.*

**ҚАЛАСУ** *Қалас етістігінің қимыл атауы; қалауға көмектесу, қабырғасын өрісу.*

**ҚАЛАСЫЗ** сын. *Қала орнамаған, қала салынбаған.*

**ҚАЛАТ** зат. *Қалтарысты жер.*

**ҚАЛАТ=** ет. *Қабырғасын өргізу.*

**ҚАЛАТТЫР=** ет. **1.** *Қабырғасын өргіздіру.* **2.** *Бірінің үстіне бірін қойып қиюластыру, жинату.*

**ҚАЛАТЫҢҚЫРА=** ет. *Қалата түсу, бірінің үстіне бірін қойып қиюластырыңқырау.*

**ҚАЛАУ**[1] зат. **1.** этн. *Бұйымтай сұрап, қалап алмақшы болған нәрсе, қолқа.* **2.** *Тілек-талап, ниет.* **3.** филос. *Адамның өмір-тіршілігінде өзінің ішкі дүниесінің «мені» бойынша өмір сүру салтын саналы түрде қалауы.*

**Қалау рай.** лингв. *Сөйлеуші жақтың қимыл, іс-әрекетті қалауын, оған ынтасын, тілек, ниетін білдіретін етістік түрі.* **Қалауын тапса, қар жанар [қар үстіне от жанар].** *Рет-ыңғайын, жол-жөнін келтірсе, орнына келмейтін, қалауындай болмайтын іс жоқ деген мағынада.* **Қалауың білсін.** *Ұнатқаның болсын, өзің біл; еркің білсін.*

**ҚАЛАУ**[2] *Қала етістігінің қимыл атауы; кірпіштің, тастың т.б. заттардың өрілуі, қиюластырылуы, жиналуы.*

**ҚАЛАУЛАТ=** ет. *Ақсату, мертіктіру.*

**ҚАЛАУАТСЫЗ** сын. көне. *Қалтықсыз, бүкпесіз.*

**ҚАЛАУЛЫ** сын. *Таңдаулы, қадірлі, сүйікті. // Қалаған, сүйген адамы.*

**Қалаулы жігіт.** *Көптің ықыласына бөленген, елге сүйкімді жігіт.* **Қалаулы сұраным.** экон. *Кәсіпорындар тұрғысынан алғанда, сатудың жоспарланған деңгейін және пайдалылық пен сауданың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін сұраным.*

**ҚАЛАУШЫ**[1] зат. *Құрылыс жұмысында үйдің іргесін т.б. қалайтын маман.*

**ҚАЛАУШЫ**[2] зат. *Бұйымтай сұрап, қалап алғысы келген адам.*

**ҚАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Қалау ісімен айналысушылық.*

**ҚАЛАУЫНША** үст. *Ұнатуынша, еркінше.*

**ҚАЛАУЫШ**[1] зат. жерг. *Көлікке артқан жүк т. б. заттар құлап кетпес үшін жасалған қоршау, қорап.*

**ҚАЛАУЫШ**[2] зат. қолөнер. *Матамен оюлаған текеметтің бір түрі.*

**ҚАЛАШ**[1] зат. *Дөңгелектей пісірілген шағын нан.*

**ҚАЛАШ**[2] *Қатын-қалаш қос сөзінің екінші сыңары.*

**ҚАЛАШ**[3] зат. жерг. *Балықтың қанаты.*

**ҚАЛАША**[1] зат. *Шағын қала.*

**ҚАЛАША**[2] үст. *Қаланың үлгісінше.*

**ҚАЛАШАЛАУ** сын. *Қала үлгісіне ұқсастау.*

**ҚАЛАШТАЙ** сын. *Қалаш сияқты, қалаш тәрізді.*

**ҚАЛАШЫ** зат. *Қалаға әдейілеп барып, керек-жарағын алып, сауда-саттық жұмысын атқарып қайтатын базаршы.*

**ҚАЛАШЫДАЙ** сын. *Қалашы сияқты, қалашы тәрізді.*

**ҚАЛАШЫҚ** зат. *Шағын қала; белгілі бір жобамен салынған мекемелер мен тұрғын үй мекені.*

**ҚАЛАШЫЛ** сын. *Қалаға әуес, қалақұмар.*

**ҚАЛАШЫЛА=** ет. **1.** *Қалаға бару, қалада болу.* **2.** көне. ***Базаршылау.***

**ҚАЛБА**[1] зат. *Желдің бағытын және жылдамдығын анықтайтын аспап.*

**ҚАЛБА**[2] зат. *Ұрыс, шатақ.*

**ҚАЛБАҒАЙ**[1] зат. *Қашаған, асау ұстайтын құрықсыз бұғалық, шалма.*

**Қалбағай ойнатты.** *Оп-оңай, жеп-жеңіл тартып кетті; жүк көрмеді.*

**ҚАЛБАҒАЙ**[2] зат. **1.** *Желкесінде сарғыштау тұлымы, жалпақ қара тұмсығы бар ұзын сирақты, аққұтанға ұқсас құс.* **2.** зоол. <лат. platalea leucorodia> *Дегелек тәрізділер отрядының тырна-құтандар тұқымдасына жататын ірі құс.*

**ҚАЛБАҒАЙ**[3] [ор. мотовило] зат. тех. *Шөп, дән сабақтарын отағыш аппараттың кесуіне бейімдейтін және тасуышқа салып тұратын комбайндағы арнаулы бөлшек.*

**ҚАЛБАҒАЙ**[4] зат. зоол. *Тұмсығы қараңоңыр, желке шудасы тұлым сияқты салбыраңқы, күш-қуаты жоқ, біртума маяның ұрғашы ұрпақтарына (қылағайға) таза үлекті сіңіре будандастыру тәсілімен алынған нардың алтыншы буданы.*

**ҚАЛБАҒАЙ**[5] сын. *Қалқиған, делдиген.*

**Қалбағай омыртқа.** жерг. *Жамбастың үстіңгі жағындағы омыртқа, уша.*

**ҚАЛБАҒАЙЛА=** ет. *Қалбалақтау, қалбақтау.*

**ҚАЛБАҒАЙЛЫ**[1] сын. *Кең жаялы (жылқы малы туралы).*

**ҚАЛБАҒАЙЛЫ**[2] сын. *Қалбағайы бар (құсқа қатысты).*

**ҚАЛБАЙ** зат. сөйл. ***Қалбағай***[2].

**ҚАЛБАЙ=** ет. *Қалқию, жарбию.*

**ҚАЛБАҚ** елік. *Қалбақтаған, қалбаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалбақ қақты.** а) *Қалбаңдады, далпылдады.* ә) *Құрақ ұшып, бәйек болды.*

**ҚАЛБАҚТА=** ет. **1.** *Қалбалақтау, далпылдау.* **2.** ауыс. *Жаны қалмай, бәйек болу.*

**ҚАЛБАЛАҚ** елік. *Далпылдап ұшқан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалбалақ қақты.** а) *Қалбаңдап ұшты.* ә) *Дегбірсізденіп, асып-састы; бәйек болып, жалпылдады.* **Қалбалақ ұшты.** *Жаны қалмай, құрдай жорғалады.*

**ҚАЛБАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қалбаң-қалбаң, жалп-жалп ету, далпылдау.* **2.** ауыс. *Асып-сасу, сасқалақтап дегбірсіздену.* **3.** ауыс. *Құрақ ұшып, бәйек болу, асты-үстіне түсіп күту.*

**ҚАЛБАЛАҚТАТ=** ет. *Жалпылдату, қалбалақ ұштыру.*

**ҚАЛБАЛАҚТАУ** *Қалбалақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қалбаң-қалбаң, жалп-жалп ету.* **2.** ауыс. *Асып-сасу.* **3.** ауыс. *Асты-үстіне түсіп, бәйек болу.*

**ҚАЛБАЛАҢ** елік. *Далпылдап, қалбалаң қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалбалаң қақты.** *Қалбалаңдап, дегбірі кетті.*

**ҚАЛБАЛАҢДА=** ет. **1.** *Қалбаң-қалбаң, далп-далп ету.* **2.** ауыс. *Құрақ ұшу, бәйек болу.*

**ҚАЛБАЛАҢ-ҚҰЛБАЛАҢ** елік. *Қалбаң-құлбаң, далп-далп еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалбалаң-құлбалаң етті.** *Асып-сасып құрақ ұшты, бәйек болды.*

**ҚАЛБАҢ** елік. *Құстың қанатын далп-далп еткізіп сабалаған, ұшқан қимылын бейнелейтін сөз. // Бәйек болу, қалбалаңдап құрақ ұшу.*

**Қалбаң етті.** а) *Далпылдады, қанатын сабалап ұшты.* ә) *Жалп етті, далбаң етті.* **Қалбаң қақты.** а) *Далпылдап далбаңдады, жалп-жалп етті.* ә) *Бәйек болып, құрақ ұшты.* **Қалбаң ойнады [ұшты].** *Қалбаңдады, қалбаң қақты.*

**ҚАЛБАҢДА=** ет. **1.** *Құстың қанатын сабалап, далпылдап ұшуы.* **2.** *Жапырақ т.б. жеңіл заттардың қалбалақтап ұшып түсуі.* **3.** ауыс. *Құрақ ұшып, асты-үстіне түсу, бәйек болу.*

**ҚАЛБАҢДАУ** *Қалбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛБАҢДАС=** ет. *Қалбаң-қалбаң етісу.*

**ҚАЛБАҢДАТ=** ет. *Қалбаң-қалбаң еткізу, жалпылдату.*

**ҚАЛБАҢДАТУ** *Қалбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛБИ=** ет. *Қалқию, жарбию.*

**ҚАЛБИТ=** ет. **1.** *Қалқиту, жарбиту.* **2.** *Жалпиту, жалпасынан түсіру.*

**ҚАЛБИЫС=** ет. *Қалқиысу, жарбиысу.*

**ҚАЛБЫР**[1] зат. **1.** *Консервінің қабы; қаңылтырдан жасалған шағындау ыдыс.* **2.** жерг. *Шылапшын, кір жуатын ыдыс.* **3.** жерг. *Бидай елеуге арналған ірі көзді елеуіш.*

**Қалбырға құйған сынап сықылды.** *Қолда тұрмайтын, ұстауға көнбейтін нәрсе я адам туралы.*

**ҚАЛБЫР**[2] зат. *Ердің бір бөлшегі.*

**ҚАЛБЫРАЙ=** ет. *Көлбеңдеу.*

**ҚАЛБЫРАҚТА=** ет. **1.** *Қалтырақтау, тәлтіректеу.* **2.** ауыс. *Бәйек болу, жаны қалмай өбектеу.*

**ҚАЛБЫРАҚТАС=** ет. *Бәйек болысу, сасқалақтау.*

**ҚАЛБЫРЛАУ=** ет. жерг. *Бидайды елеу, тазарту. .*

**ҚАЛҒА**[1] зат. тар. *Орта ғасырлардағы кейбір түрік ұлыстарында (қырым, қазақ ордасы) ханнан соңғы үшінші дәрежедегі ұлық, кіші уәзір.*

**ҚАЛҒА**[2] зат. тар. *Қорған, бекініс, порт (соғыс кезінде әскер кіріп тұратын орын).*

**ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН** зат. *Оны-мұны қалдық, сарқыншақ, сарқыт. // Біреулердің ішіп-жегендерінен қалған, ескі-құсқы, бірлі-жарым.*

**ҚАЛҒУ** *Қалғы етістігінің қимыл атауы; көзі іліну.*

**ҚАЛҒЫ=** ет. **1.** *Көзі ілініп кету, мүлгу.* **2.** ауыс. *Әлі құру, діңкелеу.* **3.** ауыс. *Маужырау, манаурау.* **4.** ауыс. *Жасырын жату.* **5.** ауыс. *Қиял құшағына ену.* **6.** ауыс. *Бір орнында тұру, тынышталу, қозғалмау.*

**ҚАЛҒЫ=** ет. сөйл. ***Қалқы.***

**ҚАЛҒЫЗ=** ет. сөйл. *Қалдыру.*

**ҚАЛҒЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қалғып, мүлгіп кету.*

**ҚАЛҒЫМПАЗ** сын. *Ұйқышыл, ұйқықұмар.*

**ҚАЛҒЫП-МҮЛГІ=** ет. *Ұйқысы келіп маужырау.*

**ҚАЛҒЫП-ШҰЛҒЫ=** ет. *Қалғып-мүлгу, мау- жырау.*

**ҚАЛҒЫС=** ет. *Қалғып-мүлгісу, маужырасу.*

**ҚАЛҒЫТ=** ет. *Қалғып-мүлгіту, маужырату.*

**ҚАЛҒЫТУ** *Қалғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта артта қала беру,* ермеу.

**ҚАЛДА** зат. *Диірменшінің диірменге бидай тартып бергені үшін алатын ұн түріндегі ақысы.*

**ҚАЛДАЙ**[1] зат. *Арба мен шананың жүк құлап кетпес үшін жасалған шарбақты қоршауы.*

**ҚАЛДАЙ**[2] зат. тар. *Шығыс Түркістандағы әкімшілік лауазым, ұлық.*

**ҚАЛДАЙША** зат. *Кішігірім қалдай, кішірек қалдай.*

**ҚАЛДЫ** сын. *Қалы бар.*

**ҚАЛДЫҒАЙ** зат. өс. *Дәрілік өсімдіктердің бір түрі.*

**ҚАЛДЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсенің қалған бөлшегі, сарқыншағы.* **2.** мат. *Бөлінгіштің толымсыз бөлінді мен бөлгіш көбейтіндісінен айырмасы.*

**Қалдық қоймасы.** кен. *Байытудан қалған қалдықты қабылдайтын және сақтайтын гидротехникалық имараттар кешені.* **Қалдық магниттелушілік.** физ. *Магнит өрісінің кернеулігі нөлге тең болатын кездегі ферромагниттік материалдың магниттелгіштігі.* **Қалдық радиациялар.** әск. *Ядролық жарылыс болған аудандағы ыдырау мен белгісіз радиоактивті өнімдердің түсуі салдарынан болатын радиация.*

**ҚАЛДЫҚСАҚТАҒЫШ** зат. экол. *Сұйық қалдықтарды сақтауға арналған тұйық бассейн немесе жартылай тұйық хауыз.*

**ҚАЛДЫҚСЫЗ** сын. *Қалдық қалмайтын, қалдығы жоқ.*

**Қалдықсыз технология.** экол. *Минералды шикізаттарды өңдеудің технологиялық әдістерінің кешені.*

**ҚАЛДЫҚТАР** зат. экол. *Табиғи шикізатты өңдеу нәтижесінде пайда болатын заттар (қатты, сұйық және газ тәрізді) мен пайдаға асыруға келмейтін өндірістік жарамсыз шыға-*

*рылымдар (тұрмыстық, ауылшаруашылық және құрылыс қалдықтары).*

**ҚАЛДЫҚТАСЫМАЛДАҒЫШ** зат. экол. *Байыту фабрикасынан шығатын қалдықты қойыртпақ қалдық қоймасына жеткізетін құбырлар жүйесі.*

**ҚАЛДЫР=** ет. **1.** *Заттарын белгілі бір орынға қойып кету, тастау.* **2.** *Ертпеу, бірге алып жүрмеу.* **3.** *Артта қалдыру, тастап, жүріп кету.* **4.** *Кейінгі ұрпаққа мұра ету.*

**ҚАЛДЫРТ=** ет. *Алып қалғызу.*

**ҚАЛДЫРТУ** *Қалдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛДЫРУ** *Қалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛДЫРЫЛ=** ет. *Сақталу.*

**ҚАЛЕМШЕ** зат. бот. *Бау-бақша ағаштарының (алма, өрік, алмұрт) жерге отырғызуға арналған жас шыбық күйіндегі түрі.*

**ҚАЛЕНДЕР** зат. ескікіт. *Ел кезуші, дәруіш, кезбе адам.*

**ҚАЛЕТ** сын. жерг. *Өтірік, жалған.* // *Қателік.*

**ҚАЛЕТ: қалет қылмады**. *Мезгілінен кешіктірді, кідіртті.*

**ҚАЛЖА** зат. этн. *Жас босанған әйелге арналып сойылған малдың еті.*

**Қалжа жеді.** *Әйел босанғаннан кейін жас сорпа-су ішіп әлденді.*

**ҚАЛЖАҚ** зат. *Қылжақ, қылжаң, тәлкек, сайқы-мазақ, әзіл-оспақ.*

**ҚАЛЖАҚБАС** сын. экспр. *Қылжыңбас, тәлкекшіл.*

**Қалжақбас мінез.** *Әзілкеш, ашық, батыл мінез.*

**ҚАЛЖАҚБАСТЫҚ** зат. *Қылжақбастық, тәлкектік.*

**ҚАЛЖАҚТА=** ет. *Біреуді қағытып сөйлеп тәлкек ету, қалжыңға айналдыру, қылжақтау.*

**ҚАЛЖАҚТАС=** ет. *Қалжыңдасу, қылжақ-тасу, әзілдесу, әзіл-қалжың айтысу.*

**ҚАЛЖАҚТАСУ** *Қалжақтас етістігінің қимыл атауы; қалжыңдасу, қылжақтасу.*

**ҚАЛЖАҚТАУ** *Қалжақта етістігінің қимыл атауы; қалжыңдау, қылжақтау.*

**ҚАЛЖАЛА=** ет. *Қалжа жегізіп күту.*

**ҚАЛЖАЛАН=** ет. *Қалжа жеп күтіну.*

**ҚАЛЖАЛАНУ** *Қалжалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛЖАЛЫҚ** сын. *Қалжаға жарарлық, қалжа боларлық.*

**ҚАЛЖАУ** зат. *Талғажау, лекер.*

**ҚАЛЖАУРА=** ет. *Шаршап-шалдығып қалжырау, діңкесі құрып әлсіреу.*

**ҚАЛЖАУЫР** зат. көне. *Садақ оғының бір түрі.*

**ҚАЛЖАУЫРДАЙ** сын. көне. *Қалжауыр сияқты, қалжауыр тәрізді.*

**ҚАЛЖУАР** зат. жерг. *Есікті іш жағынан бекітетін ілгіш.*

**ҚАЛЖУЫР** зат. көне. **1.** *Қақпанның шынжырына байланатын зат.* **2.** *Үй жануарлары өріске ұзап кетпеу үшін арқан ұшына байланатын зат.*

**ҚАЛЖЫ-БҰЛЖЫСЫЗ** сын. жерг. *Өте тыңғылықты.*

**Қалжы-бұлжы дегізбеді.** *Оны-мұны дегізбей састырды.*

**ҚАЛЖЫҢ** зат. *Тапқырлыққа құрылған ойнақы, әзіл сөз.*

**Қалжыңға айналдырды [сүйеді, шаптырды, басты].** *Сөзін әзілмен бітірді, әзілге айналдырды.* **Қалжыңға ұста**. *Күлдіргіш, қалжыңбас.* **Қалжыңды көтере алмады.** *Әзіл-қалжың сөзге ренжіп қалды.* **Қалжыңнан қалды.** *Қалжыңдаса беруін қойды, байсалданды.* **Қалжың сөз.** *Қалжың түрінде айтылатын сөз; әзіл.* **Қалжыңы жарасты.** *Орынды, жарасымды әзілдесті.* **Қалжың қылды**. *Әжуалады, мазақтады.*

**ҚАЛЖЫҢБАС** сын. *Әзілқой, күлдіргіш.* // *Әзілқой, күлдіргіш адам.*

**ҚАЛЖЫҢБАССЫ=** ет. *Әзілқойсыну.*

**ҚАЛЖЫҢБАСТАН=** ет. *Қалжың айту, әзілдеу.*

**ҚАЛЖЫҢБАСТАУ** сын. *Әзілкештеу, қалжыңшылдау.*

**ҚАЛЖЫҢБАСТЫҚ** зат. *Әзілқойлық, қалжыңқойлық.*

**ҚАЛЖЫҢДА=** ет. *Қалжың айту, әзілдеу, ойнап айту.*

**ҚАЛЖЫҢДАС=** ет. *Қалжың айтысу, әзілдесу.*

**ҚАЛЖЫҢДАСУ** *Қалжыңдас етістігінің қимыл атауы; әзілдесу.*

**ҚАЛЖЫҢДАУ** *Қалжыңда етістігінің қимыл атауы; әзілдеу.*

**ҚАЛЖЫҢДЫ** сын. *Қалжың аралас.*

**ҚАЛЖЫҢҚОЙ** сын. *Қалжыңбас, әзілқой.*

**ҚАЛЖЫҢҚОЙЛЫҚ** зат. *Қалжыңбастық, әзілқойлық.*

**ҚАЛЖЫҢҚҰМАР** сын. *Қалжыңқой, әзілкеш.*

**ҚАЛЖЫҢСЫЗ** сын. *Әзіл-оспақсыз, ойынсыз.*

**ҚАЛЖЫҢШЫ** сын. *Қалжыңшыл, әзілқой.*

**ҚАЛЖЫҢШЫЛ** сын. *Қалжыңбас, әзілқой.*

**ҚАЛЖЫҢШЫЛДЫҚ** сын. *Әзілқойлық, қалжыңбастық.*

**ҚАЛЖЫҢШЫЛСЫ=** ет. *Қалжыңшыл болғансу.*

**ҚАЛЖЫР** зат. зоол. *Дала құстарының бірі.*

**ҚАЛЖЫРА=** ет. *Титықтап шаршау, діңкесі құрып әлсіреу.*

**ҚАЛЖЫРАҢҚЫРА=** ет. *Титығы құрып шаршаңқырау.*

**ҚАЛЖЫРАТ=** ет. *Титықтатып шаршату, діңкелету.*

**ҚАЛЖЫРАТУ** *Қалжырат етістігінің қимыл атауы; шаршату, діңкелету.*

**ҚАЛЖЫРАУ** *Қалжыра етістігінің қимыл атауы; титықтап шаршау, діңкелеу.*

**ҚАЛҚА[1]** зат. **1.** *Пана, таса, ықтырма.* **2.** ауыс. *Сүйеніш, тірек.*

**ҚАЛҚА[2]** зат. поэт. *Сұлу қыз, ару.*

**ҚАЛҚАБАС** зат. экспр. *Қалқатай, қалқажан.*

**ҚАЛҚАЖАН** зат. экспр. *Сұлу қызды қадір тұту, қастерлеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚАЛҚАЙ=** ет. **1.** *Қалқиып, ербиіп тұру.* **2.** ауыс. *Ел қатарлы аман-есен жүру.*

**ҚАЛҚАЙМА** зат. сөйл. *Қолдан қалқайтып тұрғызылған нәрсе.*

**ҚАЛҚАЙТ=** ет. *Қалқитып тұрғызу, болар-болмас, барды-жоқты шағын баспана салу.*

**ҚАЛҚАЙТУ** *Қалқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҚАҚ** зат. жерг. *Суды байлауға керекті қалтқы ағаштар.*

**ҚАЛҚАҚТА=** ет. **1.** *Қалт-құлт етіп, әрең-әрең жүру.* **2.** *Теңселу, ырғалу, шайқалу.* **3.** ауыс. *Ел қатарлы ептеп өмір сүру.*

**ҚАЛҚАҚТАТ=** ет. *Қалт-құлт еткізіп әрең-әрең жүргізу.*

**ҚАЛҚАҚТАТУ** *Қалқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҚАҚТАУ** *Қалқақта етістігінің қимыл атауы; қалтылдап-құлтылдап әрең жүру.*

**ҚАЛҚАЛА[1]=** ет. **1.** *Бір нәрсенің қалқасына тығылу, жасырыну.* **2.** *Көлегейлеп, тасалау.* **3.** *Қалқа ету, тосу.* **4.** ауыс. *Тірі қалу, жан сақтау.*

**ҚАЛҚАЛА[2]=** ет. сөйл. **1.** *Әке-үке деп еркелету, әлпештеу.* **2.** *Тілін табу, сөз жарастыру.*

**ҚАЛҚАЛАН=** ет. *Тасалану, жасырыну, қалқа етілу.*

**Қалқаланған мұнай [газ] шоғырлары.** кен. *Беткі жазықтығы саздармен немесе соларға ұқсас басқа да шымыр таужыныстармен қалқаланған мұнай (газ) шоғырлары.*

**ҚАЛҚАЛАНУ** *Қалқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҚАЛАУ** *Қалқала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желден, жауын-шашыннан сақтау.* **2.** *Көлеңкелеу, қалқа жасау.* **3.** *Көзден тасалау, жасыру.*

**Қалқалау шебі.** әск. *Басты күштердің ұрыстан шығуын және шегінуін қалқалау үшін бөлінген бөлімшелер орналасатын және ұрыс жүргізетін жергілікті жердегі шартты желі.*

**ҚАЛҚАЛЫ** сын. *Қалқасы бар, қалқа жасалған.*

**ҚАЛҚАМ** зат. экспр. *Өзінен кіші адамға еркелету, кішірейту нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚАЛҚАМА** зат. сөйл. *Қалқалап қоятын нәрсе, ықтырма, ықтасын.*

**ҚАЛҚАН[1]** зат. **1.** көне. *Батырлардың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы.* **2.** көне. *Соққы тимеу үшін басқа киетін темір құрсау.* **3.** әск. *Ұрыста есептоптар мен механизмдерді оқ пен снаряд жарықшақтарынан қорғауға арналған зеңбіректер мен пулеметтен көздейтін ойықтары бар сауыттан жасалған қондырғы.* **4.** *Бөгет, тосқауыл.* **5.** ауыс. *Құлақтың қалқиған жері.*

**Қалқан болды.** *Демеу болды, күш-жігер берді.* **Қалқан етті [қылды].** а) *Тасаланды, жасырынды.* ә) *Бетке ұстады.* **Қалқан жапырақты батпақгүл.** өс. <лат. nymphoides peltatum>. *Өзен-көл жағалаулары мен ағысында, тынық суларда өсетін, субеделер тұқымдасына жататын, көпжылдық су өсімдігі.* **Қалқан құлақ**. *Қалқиған үлкен құлақ.* **Қалқан тәрізді жанартау.** геолог. *Сұйық лаваның бірнеше дүркін төгілуі нәтижесінде жаралған орталық жанартау.*

**ҚАЛҚАН[2]** зат. астр. <лат. scutum> *Экваторлық шағын шоқжұлдыз.*

**ҚАЛҚАН[3]** зат. геол. *Аса қатпарлықтар мен күшті метаморфизм процестеріне ша-лынған тектоникалық құрылым.*

**ҚАЛҚАНДА=** ет. *Қорған ету, қалқалау.*

**ҚАЛҚАНДАЙ** сын. **1.** *Қалқан сияқты, қалқиған, үлкен.* **2.** ауыс. *Қалқан тәрізді, (жылтыр).* **3.** ауыс. *Ық, пана сияқты.*

**ҚАЛҚАНДЫ** сын. *Қалқаны бар.* // *Қалқан ұстағандар.*

**Қалқанды асаймұса.** өс. <лат. abeliacorymbosa>. *Биіктігі 2-3 кейде 4 метрге жететін, бұтақтары ақшыл, қоңырқай түсті, жас сөркендері қысқа, жіңішке, сырты қалың түсті болып келетін асаймұса тұқымдасының бір түрі.*

**ҚАЛҚАНҚҰЛАҚ** зат. зоол. ***Атжалман***.

**ҚАЛҚАНСЫЗ** сын. *Қалқаны жоқ, қалқан ұстамаған.*

**ҚАЛҚАНТҰМСЫҚ: қалқантұмсық жылан.** зоол. <лат. agkistrodon> *Шұқыр басты жылан тұқымдасына жататын, адамға, малға, әсіресе, жылқыға қауіпті улы жылан.*

**ҚАЛҚАНША[1]** зат. бот. *Жанама гүлдердің гүлсағақтары ұзарып, барлық гүлдердің деңгейі негізгі гүлсағағына теңеліп, бірдей болып өсетін қалқан тәрізді гүлшоғыр.*

**ҚАЛҚАНША[2]** үст. *Қалқан тәрізді, қалқанға ұқсап.*

**ҚАЛҚАНША[3]: қалқанша без.** анат. <лат. glandula thyroidea> *Омыртқалы жануарлар мен адамның ішкі секреция безі. [Кеңірдектің қалқанша шеміршегі мен 5-7 кеңірдек сақиналары аралығында орналасқан, ағзаның өсуін, дамуын, ондағы зат алмасуды реттейтін, құрамында йоды бар гормон түзіп, оны өзіне жинайтын орган].*

**ҚАЛҚАНШАЛЫЛАР** зат. биол. <лат. pentatomidae> *Жәндіктер класы, жартылай қатты қанаттылар отрядының бір тұқымдасы.*

**ҚАЛҚАНШАМАҢЫ: қалқаншамаңы безі.** анат. <лат. glandula parathyroideae> *Қалқанша безінің маңында немесе оның ішінде орналасқан кішкене денешік.*

**ҚАЛҚАҢ** елік. *Әрі-бері қозғалып қалқақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалқаң қақты**. *Әрі-бері қозғалып, қалқақ қақты, қалқаңдады.*

**ҚАЛҚАҢДА=** ет. *Қалқаң-қалқаң ету, қалқию.*

**ҚАЛҚАҢДАТ=** ет. *Қалқаң-қалқаң еткізу.*

**ҚАЛҚАТАЙ** зат. экспр. *Сұлу қызды қадір тұту, қастерлеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚАЛҚАТАС** зат. геол. *Жер қойнауындағы пайдалы қазба бетін көмкеріп жататын тау жыныстарының жиынтығы деген ұғымды білдіретін атау.*

**ҚАЛҚАШ** зат. экспр. **1.** *Сұлу қызды қадір тұту, қастерлеу нышанымен айтылатын атауыш.* **2.** *Жасы кіші адамды, баланы еркелету нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚАЛҚИ=** ет. **1.** *Ербиіп, селтиіп оқшау көріну.* **2.** *Қалқа болу, жарбию (үй, баспана туралы).*

**ҚАЛҚИМА** зат. экспр. *Қалқа, үйсымақ.*

**ҚАЛҚИТ=** ет. **1.** *Қалқайту, қорбиту.* **2.** *Баспана жасап алу, үй тұрғызу.*

**ҚАЛҚИТУ** *Қалқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҚИЮ** *Қалқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛҚУ** *Қалқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйық бетіндегі заттың түбіне батып кетпей, бетіне шығуы.* **2.** *Қайнаған еттің, сұйық заттардың бетіне шыққан көбікті, қаймақты сызу.* **3.** *Құстың қалықтап ұшуы.* **4.** *Тербелу.*

**ҚАЛҚЫ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің сұйықтың түбіне батып кетпей, бетінде баяу жүзіп жүруі.* **2.** *Құстың қалықтап ұшуы.* **3.** *Сұйықтық бетіне шыққан затты сызіп алу.* **4.** *Баяу қалықтау, тербелу.* **5.** ауыс. *Тамылжу, шарықтау, шырқалу (әнге байланысты айтылады).*

**ҚАЛҚЫМА** сын. *Қалқитын, қалқып жүретін.*

**Қалқыма көрсеткіш.** сушар. *Су бетіндегі навигациялық қауіпті білдіретін қалқымалы белгі.* **Қалқыма су.** *Жер бетіне жақын жататын грунт сулары горизонтынан жоғары, тегіс жайылмаған жерасты сулары.* **Қалқыма түйірлер.** геол. *Су немесе ауа ағындарына араласа жылжитын таужыныс немесе минерал түйірлері.* **Қалқыма ұшақ.** <франц. planeur> *Қалықтап ұшуға арналған ауадан ауыр, моторсыз ұшу аппараты, планер.*

**ҚАЛҚЫМАЛАУ** зат. хим. *Шөгіндінің үстіндегі тұнған суды лайламай бөліп алу процесі. Ол үшін ыдыс ішіндегі суға резеңкелі түтік түсіріледі.*

**ҚАЛҚЫМАЛЫ** сын. *Қалқыма, қалқитын.*

**Қалқымалы бұрғылау қондырғысы.** тех. *Суда, теңізде жүзіп жүретін бұрғылау қондырғысы.* **Қалқымалы көпір.** *Жайпақ түпті темір қайықтардың үстіне темірден винттеп жасалған уақытша көпір.*

**ҚАЛҚЫҢҚЫ** сын. *Болар-болмас қана айырмасы бар.*

**ҚАЛҚЫҢҚЫЛАУ** сын. *Сәл қалқыңқы.*

**ҚАЛҚЫҢҚЫРА=** ет. *Бетке шығыңқырау, көрініңкіреу.*

**ҚАЛҚЫҢҚЫРАҚ** сын. *Қалқыңқылау, сәл қалқыңқы.*

**ҚАЛҚЫС=** ет. *Қалқи тербелісу.*

**ҚАЛҚЫТ=** ет. **1.** *Батырмай, су бетіне шығару.* **2.** ауыс. *Тамылжыта ән салу, шырқау.* **3.** ауыс. *Аялау, әлпештеу.*

**ҚАЛҚЫТУ** *Қалқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛМАҚ** зат. *Қалмақ Республикасының негізгі тұрғын халқы.*

**Қалмақ басқыр.** көне. қарғ. *Қалмақ жаулап алсын, күнің қалмаққа қарап қалсын деген мағынада.* **Қалмақ жүріс.** *Еш жерге тоқтамайтын, аялдамайтын жортуыл жүріс.* **Қалмақ сиыр.** *Ірі қараның етті тұқымы, негізінен, қалмақ жерінен тараған сиыр тұқымы.* **Қалмақ түйесі.** түйешар. *Қосөркешті түйе ішіндегі ең ірі тұқымы.* **Қалмақ тілі.** *Алтай тілдері шоғырының моңғол тілдері бұтағының батыс тобына жататын қалмақ халқының тілі.* **Қалмақ үй.** *Қалмақтардың шаңырағы шағын, уықтары түзу келген киіз үйі.*

**ҚАЛМАҚҚОРҒАН** зат. көне. *Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қалмақтар жерлен-ген қорым.*

**ҚАЛМАҚША** үст. *Қалмақ тілінде.*

**Қалмақша байлады [байластырды].** *Аттарды қосақтап байлағанда бірінің тізгінін екіншісінің құйысқанына байлады.* **Қалмақша байлау.** малшар. *Аттарды бірінің тізгінін екіншісінің құйысқанына қосақтап бекітетін байлаудың түрі.*

**ҚАЛМАҚШЫЛА=** ет. *Қалмақ тілінде сөйлеу.*

**Қалмақшылап байлады.** *Қалмақша байлады.*

**ҚАЛМАҚЫ** сын. *Қалмақ үлгісімен жасалған.*

**Қалмақы ер.** *Қалмақ халқына тән ер үлгісі [Алды-арты тұтас, жалпақ келген, отыруға орнықты, қозғалысқа шыдамды, алыс жолға, жорыққа арналған ердің түрі].*

**ҚАЛМАРЖЫН** зат. этн. *Бағалы аң терісінен жасалған бөрік.*

**ҚАЛМЫСЫ** үст. жерг. *Қала берді, ар жағы.*

**ҚАЛП** сын. жерг. *Жалған, өтірік, бос, бекер т.б.*

**Қалп айтты.** *Өтірік айтты, жалған айтты.*

**ҚАЛПАҚ[1]** зат. **1.** *Қиынды төрт сайдан құралып күмбез пішінді, етегі қайырылып келетін киізден тігілген, ерлер киетін ұлттық баскиімнің түрі.* **2.** *Еркектердің жеңіл баскиімі.* **3.** ауыс. *Шамның қалақайы.*

**Қалпағын аспанға атты.** *Қатты қуанды.* **Қалпақ құрлы көрмеді.** *Қайырылып та қарамады, менсінбеді.* **Қалпақпен ұрып алды [қағып түсірді].** *Оңай олжа қылды; ойына, дегеніне тез жетті.*

**ҚАЛПАҚБАС** зат. сөйл. *Қалпақ түрінде келетін басы жалпақ шегелер.*

**ҚАЛПАҚТАЙ** сын. **1.** *Қалпақ сияқты, жеп-жеңіл.* **2.** *Үп-үлкен.*

**Қалпақтай ұшты [түсті].** а) *Жалп етіп құлап түсті, мұрттай ұшты.* ә) *Кенеттен қатты ауырып қалды.* **Қалпақтай ұшырды [түсірді].** *Құлатты, мұрттай ұшырды.*

**ҚАЛПАҚТЫ** сын. **1.** *Қалпақ киген, қалпағы бар.* // *Қалпақ киген адам.*

**ҚАЛПАҚТАН=** ет. *Қалпақ сияқтану.*

**ҚАЛПАҚТАНДЫР=** ет. оқказ. *Қалпақ кигізу.*

**ҚАЛПАҚША[1]** зат. *Кішкене қалпақ.*

**ҚАЛПАҚША[2]** үст. *Қалпаққа ұқсап, қалпақ тәрізденіп.*

**Қалпақша түсті.** *Жалп етіп құлады.*

**ҚАЛПАҚШАҢ** үст. *Басында қалпағы бар, қалпақ киген.*

**ҚАЛПЕ[1]** [ар. خليفه ] зат. діни. *Ислам дінінің Имам Ағзам Әбу Ханифа мазғабындағы атақтардың бірі, қазіреттен кейінгі діни атақ.*

**ҚАЛПЕ[2]** зат. жерг. *Аңшы, ит жүгіртіп, құс салатын аңшы адам.*

**ҚАЛПЕТІМЕН** үст. *Тұтастай, бүтіндей.*

**ҚАЛПЫ** [ар. قالب] зат. *Күйі.*

**Қалпына [қалыбына] келді [түсті, барды, көшті].** *Бұрынғы күйіне түсті, жөнделді, түзелді.* **Қалпына келтірді.** *Бастапқы, бұрынғы күйіне түсірді.* **Қалпына келтіру.** <лат. restauratio> *Ескірген, тозған, бастапқы сынын жоғалтқан архитектуралық ескерткіштерді, материалдық мәдениет мұраларын алғашқы өңіне келтіру, жаңартып жөндеу.*

**ҚАЛПЫЛЫСТАН** үст. *Кенеттен, оқыс.*

**ҚАЛПЫМЕН** үст. **1.** *Әдетімен, дағдысынша.* **2.** *Күйімен, күйінше.* **3.** *Бүтіндей, түгелдей.*

**ҚАЛПЫНДА** үст. *Ешбір өзгерісі жоқ, бұрынғы күйінде.*

**ҚАЛПЫНША** үст. **1.** *Ешбір өзгеріссіз, баяғысынша.* **2.** *Бастан-аяқ, бүтіндей, түгелдей.*

**ҚАЛТ** үст. *Кенет, кілт, аяқ астынан.*

**Қалт еткізбеді [жібермеді].** *Мүлт жібермеді, мұқият қадағалады.* **Қалт еткізбей орындады.** *Берілген тапсырманы айна-қатесіз іске асырды, уақытылы бітірді.* **Қалт етпеді [қалт еткен жоқ].** а) *Тырп етпеді, селт етпеді; қаққан қазықтай тұра қалды.* ә) *Шімірікпеді, елең қылмады.* б) *Тапсырманы мүлтіксіз орындады.* **Қалт етсе [еткен шақта, еткенде].** *Қолы сәл босай қалса.* **Қалт етті.** *Қақшиды, кілт тоқтады.* **Қалт [қапы] жібермеді.** *Мүлт кетпеді, болмашы мүмкіндікті пайдаланды.*

**ҚАЛТА[1]** зат. **1.** *Киімнің омырауына т.б. жеріне қоса тігіліп, ұсақ-түйек зат салуға арналған бөлігі.* **2.** жерг. *Кішкене дорба.* **3.** анат. <лат. bursa> *Кейбір сүтқоректілердің (кенгуру, т.б.) күшігін салып өсіретін мүшесі.* **4.** анат. *Кейбір дене мүшелерінің сыртқы қабы.* **5.** анат. *Қалталы саңырауқұлақтардың жыныстық көбеюінің нәтижесінде ішінде аскоспоралар жетілетін мүшесі; аска.* **6.** ауыс. *Ақша, қаржы, байлық.* **7.** ауыс. ***Қалтарыс.***

**Қалта ақтарар.** көне. этн. *Күйеу алғаш келгенде, балдыздары мен қыз жеңгелерінің алатын ырымы.* **Қалтаға ақша түсті.** *Қалтасы қампиды, ақшалы болды.* **Қалтаға түсті.** *Біреудің қалтасынан зат ұрлады.* **Қалта орамал.** сөйл. ***Беторамал.*** **Қалта сағат.** *Қалтаға салып жүруге ыңғайлы жасалған, ашпалы-жаппалы, дөңгелекше келген баусыз сағат.* **Қалта споралары.** бот. *Қалталы саңырау- құлақтардың жыныстық көбеюінің нәтижесінде түзілген мүшесі қалтасының (аск) ішінде жетілетін споралар.* **Қалтасы жұқа.** *Ақшасы аз, қаржысы, қаражаты мардымсыз.* **Қалтасы жұқарды.** *Қаражаты азайды, ақшасы бітуге жақындады.* **Қалтасы көтереді.** *Ақшасы жетті, мүмкіндігі болды, жағдайы көтерді.* **Қалтасы көтермеді.** *Қаражаты жетпеді, жағдайы келмеді.* **Қалтасы қағылды.** *Ақшасыз қалды, ақшасы таусылды.* **Қалтасы қалың [тоқ].** *Ақшасы көп, дүние-мүлкі көп кісі туралы айтылады.* **Қалтасы қалыңдады.** *Ақшасы көбейді, байыды.* **Қалтасы құрғамады**. *Жанынан ақша үзілмеді.* **Қалтасына басты.** *Қалтасына салып, алып кетті.* **Қалтасына сенді.** *Байлығына, ақшасына сүйенді.* **Қалтасында көк [соқыр, бір] тиын жоқ.** *Түк те, дәнеңе, ештеңе, жоқ (ақшамен байланысты).* **Қалтасын қақты.** *Соңғы ақшасына дейін сыпырды, дым қалдырмады.* **Қалтасы қалың.** *Ақшасы көп, дүние-мүлкі көп кісі туралы айтылады.* **Қалтасын қампитты.** *Ақша жинады.* **Қалтасы таяз.** *Қаражаты аз, ақшасы көп емес.* **Қалтасы тесік.** *Ақшаның бетіне қарамайтын, ақша құтаймайтын адам.* **Қалтасы тоқ.** *Ақшасы көп, бай.* **Қалта томпайту.** *Пайда табу, баю, ақшаны көп табу.* **Қалтаға [үйге] түсті.** *Ұрлық жасады, ұрлады.*

**ҚАЛТА[2]: қалта қарады.** сөйл. *Тырп етпеді, дыбыс шығармады.*

**ҚАЛТАГҮЛ** зат. өс. <лат. caltha> *Гүлі сары не ақ түсті, мамыр, маусым айында гүлдейтін сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАЛТАҚ[1]** сын. **1.** *Қалт-қалт еткіш, қалтылдақ, қалтылдауық.* **2.** ауыс. *Әр нәрсеге ұрынғыш, қақтығысып-соқтығысып жүретін.*

**ҚАЛТАҚ[2]** елік. *Қалт-құлт етіп дірілқаққан, қалтылдаған қимылды бейнелейтін сөз.* // *Қалт-құлт еткен қимыл.*

**Қалтақ қақты.** *Қалтақтап қозғалды, тыным таппады.*

**ҚАЛТАҚ-ҚАЛТАҚ** елік. *Бір орында тұрмай, қалтақтап қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалтақ-қалтақ етті.** *Қалтақтап қозғалды, тыным таппады.*

**ҚАЛТА-ҚАЛТА** үст. *Көп қалта, мол.*

**ҚАЛТАҚ-ҚҰЛТАҚ** елік. *Қалт-құлт етіп, тәлтіректеп зорға жүрген қимылды бейнелейтін сөз.* // *Қалт-құлт еткен, тәлтіректеген.*

**Қалтақ-құлтақ етті.** *Қалт-құлт етіп зорға жүрді.*

**ҚАЛТА-ҚҰЛТА** зат. *Көр-жер, қалталанған заттар.*

**ҚАЛТАҚТА=** ет. **1.** *Қалт-құлт етіп, тәлтіректеу, қалтырау, селкілдеу.* **2.** ауыс. *Біреуден ілгері, біреуден кейін, ептеп-септеп күн көру.*

**ҚАЛТАҚТАТ=** ет. *Қалт-қалт еткізу, басын қалтылдатып изеу.*

**ҚАЛТАҚТАУ** *Қалтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТАЛАҚ** сын. *Босаң, қалтылдаған.*

**ҚАЛТАЛАҚТА=** ет. **1.** *Тәлтіректеу, аяғын ның баса алмау, зорға жүру.* **2.** *Басы қалтылдау, қалтақтау.*

**ҚАЛТАЛАҚТАУ** *Қалталақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТАЛАН=** ет. **1.** *Киімнің, не басқа бір заттың созылып, олпы-солпы болып қатпарлануы.* **2.** *Терінің күлтілдеп, көлкілдеуі, ісу.*

**ҚАЛТАЛАНУ** *Қалталан етістігінің қимыл атауы; көлкілдеу.*

**ҚАЛТАЛАҢДА=** ет. *Қалталақтау, қалтақ басып, зорға жүру.*

**ҚАЛТАЛАҢДАУ** *Қалталаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТАЛАС** сын. *Олжалас, бірге олжалас болған.*

**ҚАЛТАЛЫ** сын. **1.** *Қалтасы бар, қалта салған.* **2.** ауыс. *Ақшалы, бай. // Ақшасы көп, дәулетті, бай адам.*

**Қалталы жануарлар.** зоол. <лат. metatheria> *Сүтқоректілердің бір класс тармағы.* **Қалталы кісі.** *Ақшасы көп, дүние-мүлкі мол кісі туралы айтылады.* **Қалталы саңырауқұлақтар.** бот. *Көп клеткалы жіпшумағы, жынысты көбеюдің нәтижесінде спора түзетін қалтасы (аск) бар жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар бөлімі.*

**ҚАЛТАЛЫЛАР** зоол. <лат. metatheria> *Күшігін салып өсіретін мүшесі бар сүтқоректі жануарлар; тірі туып көбейетін сүтқоректілердің инфракласы.*

**ҚАЛТАЛЫЛАУ** сын. *Ақшасы көптеу, табысы молдау.*

**ҚАЛТАЛЫҚ** сын. *Қалта боларлық; қалта-ға саларлық.*

**ҚАЛТАМАН** зат. жерг. *Қалтаға түсетін ұры.*

**ҚАЛТАҢ**[1] елік. *Қалт-құлт еткен, қалтаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. // Қалт-құлт, қалтақ.*

**Қалтаң қақты**. *Қалт-құлт етті, қалталақтады.*

**ҚАЛТАҢДА=** ет. **1.** *Қалт-құлт ету, қалталақтау.* **2.** *Аяғын ның баса алмау, тәлтіректеу.*

**ҚАЛТАҢ-ҚАЛТАҢ** елік. *Қалт-қалт етіп қалталақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалтаң-қалтаң етті**. *Қалтаңдады, қалталақтады.*

**ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ**[1] елік. *Қалт-құлт етіп қалтырақтаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалтаң-құлтаң етті.** *Қалтылдады, қалт-құлт етті.*

**ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ**[2] сын. *Болар-болмас. // Өйтіп-бүйтіп, ептеп-септеп.*

**ҚАЛТАҢДАТ=** ет. *Қалтақ-қалтақ еткізу.*

**ҚАЛТАҢДАТУ** *Қалтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТАР** зат. *Терісі бағалы, күміс қылшықты, қара-қоңыр түлкі.*

**ҚАЛТАР=** ет. **1.** *Аңырап, қалшиып тұру.* **2.** ауыс. *Сыр бүгу, жасыру.*

**ҚАЛТАРУ** *Қалтар етістігінің қимыл атауы; сыр бүгу, жасыру.*

**ҚАЛТАРЫС** зат. **1.** *Жұрт көзінен қағаберіс, бұқпа жер.* **2.** *Таса жер, қуыс .* **3.** ауыс. *Бүкпе ой, ішкі сыр; көңілдің түкпірі.* **4.** ауыс. *Көп мән беріле бермейтін нәзік тұс.* **5.** ауыс. *Арагідік уақыт.*

**Қалтарыс жер.** *Жұрт көзінен таса, қаға беріс, бұқпа жер.*

**ҚАЛТАРЫС-БҰЛТАРЫС** зат. **1.** *Таса, қағаберіс жер.* **2.** *Кедергі, тосқауыл, бөгет.*

**ҚАЛТАРЫССЫЗ** сын. **1.** *Бұлтарысы жоқ, ашық.* **2.** ауыс. *Бүкпесіз, шын.*

**ҚАЛТАРЫСТАУ** сын. *Тасалау, бұлта-рыстау.*

**ҚАЛТАСЫЗ** сын. **1.** *Қалта салынбаған, қалтасы жоқ (киім).* **2.** ауыс. *Ақшасы жоқ.*

**ҚАЛТАШЫҚ** зат. *Кішкене қалта.*

**ҚАЛТАШЫЛ** сын. *Қалта аңдығыш, қалтаға түскіш.*

**ҚАЛТИ=** ет. **1.** *Ербию, состию.* **2.** *Бір орнында селтиіп тұру.*

**ҚАЛТИТ=** ет. *Соститу, ербиту.*

**ҚАЛТИЮ** *Қалти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТ-ҚАЛТ** елік. *Қалтылдап дірілдеген, қалтаң-құлтаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалт-қалт етті.** *Қалтылдады, дірілдеді, селкілдеді.*

**ҚАЛТ-ҚҰЛТ** елік. *Тәлтірек қағып, қалтырақтаған қимылды бейнелейтін сөз. // Әрең-әрең, зорға.*

**Қалт-құлт етті.** а) *Тәлтірек қақты, қалтырақтады; әрең қозғалды.* ә) *Әрең-әрең күн көрді.*

**ҚАЛТҚЫ**[1] зат. сушар. *Су ағысының жылдамдығын өлшеуге арналған қарапайым құрал.*

**ҚАЛТҚЫ**[2] зат. тех. *Автомобиль карбюраторының қалтқылы камерасындағы сұйық отынның деңгейін реттеп тұратын тетік.*

**ҚАЛТҚЫ**[3] зат. кәс. **1.** *Тереңге батып кетпеу үшін аудың, қармақтың бауына байланатын (суға батпайтын жеңіл) зат.* **2.** ауыс. *Күмән, шүбә, күдік.* **3.** ауыс. *Арам ой, қулық-сұмдық.*

**ҚАЛТҚЫДАЙ** сын. *Қалтқы сияқты, қалтқы тәрізді.*

**ҚАЛТҚЫЛЫ** сын. *Қалтқысы бар.*

**ҚАЛТҚЫСЫЗ** сын. **1.** *Қалтқысы жоқ, қалтқы жасалмаған.* **2.** ауыс. *Күмәнсіз, кәміл, сезіксіз, шүбәсіз; бүкпесіз, адал.* **3.** ауыс. *Мүлтіксіз, мінсіз. // Мүлт жібермей.*

**Қалтықсыз дос.** *Арасынан қыл өтпейтін дос, шын, сынақтан өткен дос.*

**ҚАЛТЫҚСЫЗ** сын. сөйл. ***Қалтқысыз.***

**ҚАЛТЫЛДА=** ет. **1.** *Дірілдеу, селкілдеу, қалт-қалт ету.* **2.** ауыс. *Тоңу, жаурау.* **3.** ауыс. *Әрең-әрең күн көру.* **4.** ауыс. *Аптығып асып-сасу, қорқу.*

**ҚАЛТЫЛДАҚ** сын. **1.** *Қалт-құлт еткен, қалтыраған, дірілдеген.* **2.** *Қалтырақ, қалтырауық.* **3.** ауыс. *Қорқақ, үркек.*

**ҚАЛТЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қалт-қалт еткізу, қалтырату.* **2.** ауыс. *Әнді түрлі әуенге салуда дауысты дірілдетіп, қалтыратып шығару.* **3.** ауыс. *Босаңсыту, бос жіберу.*

**ҚАЛТЫЛДАУ** *Қалтылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дірілдеу, селкілдеу.* **2.** ауыс. *Қорқып, асып-сасу.*

**ҚАЛТЫР** зат. *Діріл, қалтыл.*

**ҚАЛТЫРА=** ет. **1.** *Қалт-қалт етіп дірілдеу, селкілдеу.* **2.** ауыс. *Тоңу, мұздау.* **3.** ауыс. *Қорқу, зәресі ұшу.* **4.** ауыс. *Сараңдық жасау, қолы тар болу.* **5.** ауыс. *Қайғыру, еңсесі түсу.*

**ҚАЛТЫРАҚ** сын. *Қалтырауық, дірілдек.*

**Қалтырақ бітті.** *Қалтырады, қалт-құлт етті.*

**ҚАЛТЫРАҚТА=** ет. **1.** *Тәлтіректеу.* **2.** ауыс. *Асып-сасу, сасып-сабдырау.*

**ҚАЛТЫРАҚТАТ=** ет. *Қалт-құлт еткізу.*

**ҚАЛТЫРАҚТАУ**[1] сын. *Мықты емес, бостау.*

**ҚАЛТЫРАҚТАУ**[2] *Қалтырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛТЫРАН=** ет. **1.** *Қалшылдау.* **2.** *Тоңу, мұздау, дірдектеу.*

**ҚАЛТЫРАҢҚЫ** сын. *Қалтыратқан, суық.*

**ҚАЛТЫРАҢҚЫРА=** ет. *Қалтырай түсу, дірілдеңкіреу.*

**ҚАЛТЫРАП-ДІРІЛДЕ=** ет. **1.** *Мұздау, тоңу, тісі-тісіне тимей, дірдектеу.* **2.** ауыс. *Қорқу, зәресі ұшу.*

**ҚАЛТЫРАП-ДІРІЛДЕУ** *Қалтырап-дірілде етістігінің қимыл атауы; қалшылдау.*

**ҚАЛТЫРАС=** ет. **1.** *Сыбдырласу, сыбдыр қағысу.* **2.** ауыс. *Зәре-құты қалмау, қорқу.*

**ҚАЛТЫРАТ=** ет. **1.** *Қалт-құлт еткізу, дірілдету.* **2.** *Тоңдыру, мұздату.* **3.** ауыс. *Зәресін ұшыру, қорқыту.*

**ҚАЛТЫРАТУ** *Қалтырат етістігінің қимыл атауы; дірілдету.*

**ҚАЛТЫРАТЫҢҚЫРА=** ет. *Қалтырата түсу, дірілдетіңкіреу.*

**ҚАЛТЫРАТЫП-ДІРІЛДЕТ** = ет. **1.** *Тоң-дыру, дірдектету.* **2.** ауыс. *Қорқыту, зәресін ұшыру.*

**ҚАЛТЫРАУ** *Қалтыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тұла-бойдың селкілдеп ауруы.* **2.** ауыс. *Сараңдық жасау.* **3.** ауыс. *Қорқу, зәресі ұшу.*

**ҚАЛТЫРАУЫҚ** сын. **1.** *Қалтылдақ.* **2.** *Тоңғақ, дірілдеуік, жаурағыш.* **3.** ауыс. *Қорқақ, жалтақ.* **4.** ауыс. *Сараң, қолы тар, қатты.*

**ҚАЛУ** *Қал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір жерде болу, бармау.* **2.** *Ілесе алмау.* **3.** ауыс. *Бар болу, сақталу.*

**ҚАЛУАТСЫЗ** сын. ***Қалтқысыз.***

**ҚАЛУЕН** зат. бот. <лат. sonchus> *Өркен жайып қаулап өсетін, күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көп жылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ҚАЛУЕТТІ** сын. *Күшті, қатты.*

**ҚАЛШ** үст. *Бірден, кенет.*

**ҚАЛША**[1] сын. *Қасарып, айтқанға көнбейтін; қырсық. // Қасарыспа, қырсық мінез. // Жас адам, бала.*

**ҚАЛША**[2] зат. этн. *Атжарыста бәйге атына мініп шабатын бала.*

**ҚАЛША**[3]: **қалша қарады.** *Тырп етпей қалшиып қатып қалды.*

**ҚАЛША**[4] зат. ескікіт. *Қоқан хандығының зекетші жасауылы.*

**ҚАЛШАДАЙ: қалшадай қатты**. *Қақиып, сілейіп қатып қалды.*

**ҚАЛШАЛАН=** ет. *Қасарысып сіресу.*

**ҚАЛШАҢ** сын. *Өскелең, өсіңкіреп кеткен.*

**ҚАЛШЕКЕ** зат. жерг. *Алды, арты жалпақ ер.*

**ҚАЛШИ=** ет. **1.** *Бір орыннан қозғалмай, қақшиып, сілейіп тұрып қалу.* **2.** *Қалқаю.*

**ҚАЛШИЮ** *Қалши етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛШИТ**= ет. *Қақшиту, сілейту, қозғалтпай тұрғызу.*

**ҚАЛШИТУ** *Қалшит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛШИЫС=** ет. *Бір орнында қозғалмай тұрысу, сілейіп қалу.*

**ҚАЛШ-ҚАЛШ** елік. *Қалшылдап, дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қалш-қалш етті.** а) *Қалтырап қалшылдады, дір-дір етті.* ә) *Әбден тоңды, мұздады, суық өңменінен өтті.* б) *Қатты ашуланды.*

**ҚАЛШЫ** сын. жерг. *Нашар, жарамсыз (асық туралы).*

**ҚАЛШЫЛ** зат. *Қатты діріл, селкіл.*

**Қалшыл қақты**. *Қалш-қалш етті, қалшылдады, қалтырап дірілдеді.*

**ҚАЛШЫЛДА=** ет. **1.** *Қалш-қалш етіп, қатты қалтырау, дірілдеу.* **2.** *Суыққа тоңу, мұздау.* **3.** ауыс. *Ашулану, ыза кернеу.* **4.** ауыс. *Қорқу, зәре-құты қалмау.*

**ҚАЛШЫЛДАТ=** ет. *Қалтыратып-дірілдету, қалш-қалш еткізу.*

**ҚАЛШЫЛДАУ** зат. *Қалшылда етістігінің қимыл атауы; қалш-қалш ету, дірілдеу.*

**ҚАЛЫ** сын. *Қымбат бағалы, түкті (кілем, шәлі).*

**Қалы кілем.** этн. *Жүннен тоқылған қалың түкті, бағалы кілем.* **Қалы кілем, қара нар.** этн. *Байлық-салтанаттың, көрсетер сый-құрметтің, берілер айып-таралғының бас белгі-заты.*

**ҚАЛЫБЫНДА** үст. *Алғашқы қалпында, бастапқы бейнесінде.*

**ҚАЛЫҚ**[1] зат. жерг. *Жазының ішіне салынатын топан, сабан т. б. сияқты жұмсақ зат.*

**ҚАЛЫҚ**[2] сын. *Озық емес, кейіндеп артта қалыңқы.*

**ҚАЛЫҚПАН** зат. зоол. *Тазқара, сақалтай, құмай деп те аталатын бүркіт тұқымдас құс.*

**ҚАЛЫҚПАНДАЙ** сын. *Қалықпан сияқты, қалықпан тәрізді.*

**ҚАЛЫҚТА=** ет. **1.** *Құстың қанатын қақпай, бірқалыпты ұшуы.* **2.** ауыс. *Ән-күй әуенінің тамылжыта орындалуы.* **3.** ауыс. *Өрлеу, биіктеу, қанат жаю.*

**ҚАЛЫҚТАТ=** ет. **1.** *Ұшыру, самғату.* **2.** ауыс. *Ән-күйді тамылжыта орындау.*

**ҚАЛЫҚТАУ**[1] сын. *Қалыңқылау, кейіншектеу. //Қалыңқылау қимыл қозғалыс.*

**ҚАЛЫҚТАУ**[2] *Қалықта етістігінің қимыл атауы.* 1. *Құстың самғап ұшуы.* 2. *Будақ-будақ болып аспанға көтерілу.* 3. ауыс. *Әннің тамылжуы.*

**ҚАЛЫН=** ет. көне. ***Қалу.***

**ҚАЛЫНДЫ** зат. мат. *Сандар теориясы мен аналитикалық функциялар теориясында қолданылатын ұғым.*

**ҚАЛЫҢ**[1] зат. ***Қалыңмал.*** *Айттырылған қалыңдыққа төленетін мал-мүлік.*

**Қалың берді.** этн. *Күйеу жағы қалыңдықтың туыстарына төлем берді.* **Қалың беру.** этн. *Қалыңдықтың туысқандарына күйеу жағының беретін төлемі.*

**ҚАЛЫҢ**[2] сын. 1. *Жұқа емес, қабат-қабат.* 2. *Қою, жиі, тығыз.* 3. *Ну (орман, тоғай) жайқалған, бітік (шөп, егін).* 4. ауыс. *Көп, мол. // Ну орман, тоғай.* 5. ауыс. *Түңғиық, шексіз.* 6. ауыс. *Күшті, жойқын.*

**Қалың ауыл.** *Адамы көп ауыл.* **Қалың бұқара.** *Көпшілік, халық.* **Қалың ел [жұрт, бұқара, көпшілік, топ].** *Дүйім жұрт, барша халық, халайық.* **Қалың жыныс.** *Ну орман.* **Қалың қабақ.** *Түксиген, түсіңкі қабақ.* **Қалың қазақ елі.** *Бүкіл [көп] қазақ.* **Қалың қалмақ.** *Бүкіл [көп] қалмақ.* **Қалың қол [әскер].** *Мол сарбаз, көп әскер.* **Қалың қосын.** *Қаптаған әскер, қалың қол.* **Қалыңнан соққан қарсақтай.** *Олжалау, жауын жеңу деген мағынада.* **Қалың орман.** *Қалың өскен ағаш, тоғай; ну орман.* **Қалың сор.** *Ауыр азап, қорлық.* **Қалың шер.** *Ауыр қайғы.*

**ҚАЛЫҢДА=** ет. 1. *Қалың ету, қабаттау.* 2. *Бір нәрсенің қалыңдығының биіктей беруі.* 3. *Көбею, молаю.* 4. ауыс. *Күшею, үдеу.*

**ҚАЛЫҢДАТ=** ет. 1. *Қалың етіп салу, төсеу.* 2. ауыс. *Көбейту, күшейту.*

**ҚАЛЫҢДАТУ** *Қалыңдат етістігінің қимыл атауы; қалың ету, қабаттау.*

**ҚАЛЫҢДАУ**[1] сын. ***Қалыңырақ.*** *// Қалыңырақ, үлкендеу нәрсе.*

**ҚАЛЫҢДАУ**[2] *Қалыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛЫҢДЫ-ЖҰҚАЛЫ** сын. *Қалыңжұқасы аралас.*

**ҚАЛЫҢДЫҚ**[1] зат. 1. этн. *Біреуге атастырылған, айттырылған қыз.* 2. *Тұрмысқа шығатын бойжеткен.*

**Қалыңдығының қолын ұстатты.** этн. *Қызды жігіттің қолына берді [Салт-дәстүр бойынша, жеңгелері қалыңдық пен күйеу жігітті кездестіріп, «қолұстатар» ырымын жасайды, қайтарымына күйеу жігіттен кәдеге сый-сияпат алады].* **Қалыңдық айттырды.** этн. *Құда түсті.* **Қалыңдық берді.** этн. *Қалыңмал берді, айттырды.* **Қалыңдық ойнау.** этн. *Күйеу жігіттің ұрын бару дәстүрінен кейін қалыңдығымен жасырын кездесіп, ойнап-күліп жүруі.* **Қалыңдықтың қолын ұстатты.** этн. *Ұрын келген күйеуге қыздың жеңгелері қалыңдығын көрсетіп, кәдесін алды.*

**ҚАЛЫҢДЫҚ**[2] зат. 1. *Затты қырынан алып қарағандағы қабаты, көлемі.* 2. *Жиілік, тығыздық.* 3. *Ну орман, жыныс.*

**ҚАЛЫҢДЫҚТАЙ** сын. *Қалыңдық сияқты, әсем, сәнді, көз тартарлықтай көрікті.*

**ҚАЛЫҢ-ҚАЛЫҢ** сын. *Өте қалың, көлемді.*

**ҚАЛЫҢҚАНАТ** зат. өс. *Бір түптен бірнеше сабақ шығатын көпжылдық шөп.*

**ҚАЛЫҢҚЫ** сын. *Сәл артта, кейінірек, төменірек. //Артта қалған.*

**ҚАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Кешігіңкіреу, кейіншектеу.*

**ҚАЛЫҢМАЛ** зат. этн. *Күйеу жағының қалыңдық үшін беретін малы [Қалыңмал негізінен қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістеріне жұмсалады].*

**Қалыңмал айдату.** көне. этн. *Қалыңдыққа беретін малды жөнелту, жіберу.*

**ҚАЛЫҢСЫЗ** сын. *Қалыңмалсыз.*

**ҚАЛЫҢШАЛАУ** сын. *Қалыңдау келген.*

**ҚАЛЫҢЫРАҚ** сын. *Қалыңдау, сәл қалың.*

**ҚАЛЫҢЫТ=** ет. *Қалыңдай түсу.*

**ҚАЛЫП** [ар. قالب] зат. 1. кәс. *Аяқкиімнің формасын келтіріп тігуге керекті құрал.* 2. *Кірпішті, балқытылған заттарды (шойын, болат т.б.) қатыруға арналған зат.* 3. құрыл. *Құрылыс алаңында тұрғызылатын монолит бетонды немесе темір бетонды құралымдар мен ғимараттар пішіндерін жасауға арналған бөлшектер мен элементтер жиынтығы.* 4. *Бейне, кескін, келбет.* 5. *Пішіні, формасы.* <лат. forma> 6. *Белгілі бір сәттегі адамның, не басқа бір заттың хал-жайы, күйі.* 7. *Тұр, кейіп.* 8. *Тұрпат, пішін.* 9. *Болмыс, жаратылыс.* 10. *Жағдай, тұрмыс.* 11. *Шақ, кез.*

**Қалып алды.** *Дағдыланды, төселді.* **Қалыпқа құю.** *Балқыған металды қалыпқа еркін құю тәсілі; құю өндірісіндегі ең маңызды технологиялық процестердің бірі.* **Қалыптан тыс.** *Тым, асыра, шектен асыра.*

**ҚАЛЫП-КҮЙ: қалып-күй жолы.** инф. *Экранның төменгі жағына орналасқан және ағымдағы программаның қалыпты көрсеткіштерін ашылған файл атын, меңзер тұрған орынды, бет нөмірін т.с.с. мәліметтерді көрсетіп тұратын басқару жолы.*

**ҚАЛЫПТА=** ет. 1. *Затты қалыпқа салып, белгілі бір формаға келтіру.* 2. ауыс. *Бірқатарға, бірқалыпқа келу.*

**ҚАЛЫПТАЛ=** ет. 1. *Қалыпқа келтірілу, қалыпқа салыну.* 2. ауыс. *Үйрену, әдет алу.*

**ҚАЛЫПТАН=** ет. 1. *Белгілі бір формаға келіп, қалып алу.* 2. лингв. *Белгілі бір жүйеге түсіп тұрақталу, нормалану.* 3. ауыс. *Дағдылану, әдет алу, үйрену.*

**ҚАЛЫПТАНДЫР=** ет. *Белгілі бір жүйеге түсіру, қалып алдыру.*

**ҚАЛЫПТАС** сын. *Ұқсас, біртектес.*

**ҚАЛЫПТАС=** ет. 1. *Белгілі бір формаға келіп, қалып алу.* 2. *Пайда болу, іргесі қалану.* 3. *Бір ізге түсіп орнығу, тұрақтану.* 4. ауыс. *Үйреншікті болып әдетке сіңу, дағдыға айналу.* 5. *Белгілі бір кәсіпті игеру, мамандану.*

**ҚАЛЫПТАСТЫР=** ет. *Тұрақтандыру, орнықтыру, қалып алдыру.*

**ҚАЛЫПТАСТЫРУ** *Қалыптастыр етістігінің қимыл атауы.* 1. *Орнықтыру, тұрақтандыру, жасау.* 2. пед. *Баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігін, өзінің тағдырына өзі үкім ете білуін және өз мінез-құлқын жөнге сала білуін, сондай-ақ дүниемен өзінің қарым-қатынасын түсінуін меңгерту.*

**ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ** зат. *Жасаушы, іргесін қалаушы, негізін салушы (адам).*

**Қалыптастырушы сұрыптау.** биол. *Популяцияда орта мәнді, ертеде пайда болған белгілердің дамуын, төзімділігін арттыруға және тұрақтандыруға бағытталған табиғи сұрыпталудың бір түрі.* **Қалыптастырушы эксперимент.** пед. *Жас туғысындағы және педагогикалық психологияда қолданылатын зерттеушінің сыналушыға белсенді ықпал-әрекеті процесінде баласының психикасындағы өзгерістерді қадағалау әдісі.*

**ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛ=** ет. *Тұрақтан-дырылу, дағдыландырылу, әдетке айналдырылу.*

**ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛУ** *Қалыптастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЛЫПТАСУ** *Қалыптас етістігінің қимыл атауы.* 1. *Бір ізге түсу, орнығу, тұрақтану.* 2. *Белгілі бір кәсіпті игеру, мамандану.* 3. *Пайда болу; іргесі қалану.*

**ҚАЛЫПТАУ** *Қалыпта етістігінің қимыл атауы; қалыпқа салу.*

**ҚАЛЫПТЕС** шыл. *Сияқты, тәрізді, секілді.*

**ҚАЛЫПТЫ** сын. 1. *Қалыпқа салынған.* 2. ауыс. *Тұрақты, орнықты, өзгермелі емес.* 3. ауыс. *Әдетке сіңген, үйреншікті, дағдылы.*

**Қалыпты ағынды.** сушар. *Гидротехникалық имарат, бөген, су жүйелерін жобалау барысында міндетті түрде анықталатын өте маңызды гидрологиялық сипаттама; көпжылдық жауын-шашын мен буланудың орнықтылығымен айқындалатын қалыпты, тұрақты ағынды.* **Қалыпты рынок.** экон. *Таяудағы және негұрлым алыстағы мерзімде жеткізілетін тауар бағасындағы айырма оның сақталуына байланысты шығындарды өтейтін жағдай.*

**ҚАЛЫПТЫҚ** сын. *Қалып боларлық.*

**Қалыптық болат.** кен. *Ыстықтай және суықтай қалыптау қалыптарына, сондай-ақ баспақалыпқа арналған, көміртекті және легирленген (негізінен хроммен) аспаптық болат.* **Қалыптық құм.** геол. *Қалыптар мен құю өндірісінің өзектерін (шойын, болат және түсті металдар құйғанда) даярлауға жарамды құм.*

**ҚАЛЫПТЫЛЫҚ** зат. *Бірқалыпты болушылық, ауытқымаушылық.*

**ҚАЛЫПША**[1] зат. *Кішкене қалып.*

**ҚАЛЫПША**[2] үст. *Әдеттегіше, дағдысынша.*

**ҚАЛЫПШЫ** зат. *Қалыпқа бір затты құюшы.*

**ҚАЛЫС**[1] сын. 1. *Тікелей қатысы жоқ, бейтарап (адам). // Тікелей қатысы жоқ, бейтарап жақ.* 2. *Өкіл, сенімді (адам).*

**Қалыс ағайын.** *Ара ағайын, жамағайын.* **Қалыс би.** *Тікелей басқаратын, билік айтатын би.* **Қалыс қалды.** а) *Шет, шеткері қалды, немқұрайды қарады.* ә) *Жақтап не қарсы дауыс бермеді.*

**ҚАЛЫС**[2] сын. *Кейінірек, артта қалыңқы.*

**ҚАЛЫС=** ет. 1. *Болымсыздық мән беретін сөздермен, болымсыздық жұрнағымен тіркесіп, кем түспеу, қатарласу дегенді білдіреді.* 2. *Көмекші етістік қызметінде келіп, іс-әрекеттің бірнеше адамға ортақтығын білдіреді.* 3. *Кейін қалу, кейіншектеу.*

**ҚАЛЫСТАУ** сын. *Қалысырақ, бейтараптау.*

**ҚАЛЫСТЫҚ** зат. *Қалыс болушылық, немқұрайдылық.*

**ҚАЛЫСЫРАҚ** сын. *Қалыстау, шеттеу, оқшаулау.*

**ҚАЛЫТ** зат. *Арамдық, қараулық.*

**ҚАЛЫТҚЫЛЫ** сын. 1. ауыс. *Қалытқысы бар.* 2. *Астарлы.*

**ҚАЛЫТҮК** зат. қолөнер. *Шалма әдісімен кілемге тоқып түсірілген өрнек.*

**ҚАМ**[1] зат. 1. *Жай, жағдай, хал-күй.* 2. *Әрекет, айла, амал.*

**Қамға кірісті.** *Өз тіршілігін, шаруасын істеуге қам жасады, кірісіп кетті.* **Қам етті.** *Әрекет етті, жағдай жасады.* **Қам жасады.** *Әзірлік қылды, қамданды, әрекет жасады.* **Қам жеді.** а) *Біреуге жағдай туғызды, жайын ойлады, қамқорлық жасады.* ә) *Уайымдады, қауіптенді.* **Қам қылды [қылысты].** *Әрекет жасады, айла істеді, амалдады.* **Қамын жеді.** *Бір нәрсенің жайын ойлады, қамқор болды.* **Қамын ойлады.** а) *Қамқорлық етті, қамын жеді, хал-жайын ескерді.* ә) *Жағдай жасады, әрекет етті.* **Қам істеді.** *Әрекет етті, қамданды.*

**ҚАМ**[2] [ар. خام] сын. 1. *Шикі, піспеген, өңделмеген.* 2. ауыс. *Шала, ысылмаған.* 3. ауыс. *Болбыраған, осал, бос.*

**Қам сүт емген.** *Адал емес.*

**ҚАМ**[3] зат. *Көңілдегі шер, уайым-қайғы, қапа-мұң.*

**Қам болды.** *Қайғылы, шерлі жағдайға кездесті, тап болды.*

**ҚАМ**[4]**: қам қалды.** *Шет, қағаберіс болды, араласпады.*

**Қам қалдырмады.** *Шет қалдырмады, бәрін қамтыды.*

**ҚАМА**[1] зат. зоол. *Терісі қымбат аң, құндыз.*

**Қама бөрік.** *Құндыз терісінен істеген баскиім.*

**ҚАМА**[2] зат. кәс. *Қамыстан буып я тоқып жасаған, балық ұстайтын ау, құрал.*

**ҚАМА=** ет. 1. *Жан-жақтан қоршау, қаумалау.* 2. *Абақтыға жабу, түрмеге салу, отырғызу, тығу.* 3. *Ұстау, тұту, бөгеу, қармау.* 4. *Сыртынан бекітіп, шығармай қою.* 5. ауыс. *Қаптау, басып кету.*

**ҚАМАДАЙ** сын. *Қама сияқты, қап-қара.*

**ҚАМАЖАУ** зат. *Қоршау, айнала төңірек қаумалаған, қақпалаған көрініс.*

**ҚАМАЖАУЛА=** ет. **1.** *Айнала төңірек, алқа-қотан қоршауға алу, алқымдау, ентелеу, иектеу.* **2.** *Қақпалау, шаужайлап әжуалау.*

**ҚАМАҚ** зат. ескікіт. *Тұтқындалған, қамауға алынған адамдарды бостандықта ұстау, еркін қамау түрі.*

**ҚАМАЛ[1]** [ар. حمل] зат. ескікіт. *Хамал (Наурыз айы).*

**ҚАМАЛ[2]** [ар. عمل] зат. **1.** әск. *Жаудан қорғану мақсатымен жасалған, қабырғасының қалыңдығы 1,5-метрден 3 метрге дейін болатын мықты қорған, берік бекініс.* **2.** *Белгілі бір іс-әрекетке қарсы кедергі, тосқауыл, бөгет, қоршау.* **3.** ауыс. *Пана, тірек, сүйеніш.* **4.** ауыс. *Қол жетпеген тылсым дүние.*

**Қамал артиллериясы.** әск. тар. *Қамалдарды қорғайтын және олардың қару-жарағында тұрақты тұратын артиллерия.* **Қамал бұзар.** *Ер жүрек, батыл, ер.* **Қамал бұзды.** а) *Қорғанды, бекіністі тас-талқан етті, жауды жеңді.* ә) *Қиындықты жеңді.* **Қамалды алды.** *Бекіністі, қорғанды жеңді, жаулап алды.*

**ҚАМАЛ[3]: қамал жас.** сөйл. ***Кемел жас.***

**ҚАМАЛ[4]** зат. ескікіт. *Амал, айла.*

**ҚАМАЛ=** ет. **1.** *Абақтыға жабылу, түрмеге түсу.* **2.** *Тығылу, бой тасалау, ешқайда шықпау.* **3.** *Шыға алмай қалу, торға түсу.* **4.** ауыс. *Ән-күйді, әңгімені ұйып тыңдау.* **5.** ауыс. *Қымсыну, ұялу, сөзден тосылу.* **6.** ауыс. *Топтану, жиналу, қаумалау.* **7.** ауыс. *Өзімен-өзі болу, оқшаулану.*

**ҚАМАЛА=** ет. **1.** *Жан-жақтан қоршау, қаумалау.* **2.** *Қоршауға алу.*

**ҚАМАЛАС=** ет. *Жан-жақтан қоршасу, қаумаласу.*

**ҚАМАЛАУ[1]** зат. әск. *Қамалды (қала бекінісін) немесе қамал пункттерін алудағы ұрыс қимылын жүргізу тәсілі.*

**ҚАМАЛАУ[2]** *Қамала етістігінің қимыл атауы; басу, қаптау.*

**ҚАМАЛДА=** ет. *Қорған жасап бекіту, биік, зәулім етіп қоршау.*

**ҚАМАЛДАЙ** сын. *Қамал сияқты, қамал тәрізді. // Қамал сияқты, берік адам.*

**ҚАМАЛҚА** зат. жерг. **1.** *Қам, жай, жағдай.* **2.** *Айла, тәсіл.*

**ҚАМАЛСЫЗ** сын. *Қорғансыз, қамалы жоқ.*

**ҚАМАЛТ=** ет. *Қамалату, қаумалату.*

**ҚАМАЛУ** *Қамал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұсталу, түрмеге жабылу.* **2.** *Тығылу, шыға алмау.*

**ҚАМАР[1]** зат. *Қаракөл елтірісінің жалтжылт етіп құлпырып тұратын қымбат бағалы түрі.*

**Қамар белбеу.** қолөнер. *Зерлі, әшекейлі белдік.*

**ҚАМАР[2]** зат. ескікіт. *Ескіше ай аты.*

**ҚАМАРҒЫ** зат. саят. *Орта ғасырларда қолданған аңшылық әдісінің өрескел бір түрі. [Аңы көп бір аудан жерді қалың қол тізбегімен айнала қоршап алып, оның ішіндегі аңды сыртқа жібермей, ортаға қарай тықсырып соғатын болған. Қоршаудың ішінде қалған аңдар ешқайда қашып құтылуға шамасы болмай, еріксіз қолға түскен].*

**ҚАМАРТ=** ет. *Көздің қатты жарықтан шағылысып, көре алмауы.*

**ҚАМАС: көз қамастады.** *Көз сүрінді.*

**ҚАМАСАР** ескікіт. *Көңілі тасу, шаттану.*

**ҚАМАСТЫР=** ет. *Кірпікті бір-біріне айқастыру, төмен қарау.*

**ҚАМАТ** сын. ескікіт. *Намаздың шарттары; тік тұру.*

**ҚАМАТ=** ет. **1.** *Түрмеге отырғызу, абақтыға жапқызу.* **2.** *Шығармай, сыртынан бекіттіріп қою, жібермей ұстау.*

**ҚАМАТТЫР=** ет. **1.** *Түрмеге отырғызу, абақтыға жапқыздыру.* **2.** *Шығармай ұстату.*

**ҚАМАТУ** *Қамат етістігінің қимыл атауы; түрмеге отырғызу.*

**ҚАМАУ[1]** зат. **1.** *Жауапталған қылмысты адамдарды қамайтын абақты, түрме.* **2.** әск. *Қоршау.* **3.** *Тар қапас.* **4.** заң. *Сотталған адамды бір айдан алты ай мерзімге қоғамнан қатаң оқшаулау түріндегі жазаның негізгі түрі.*

**Қамауға алды.** *Ұстады, түрмеге жапты.* **Қамауға алу.** заң. *Қылмысты адамға қолданылатын шара, қамауда ұстау.* **Қамау үй.** стиль. *Абақты, түрме.*

**ҚАМАУ[2]** *Қама етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қапаста ұстау, түрмеге жабу.* **2.** *Қорада ұстау.* **3.** *Қоршау, қаумалау.* **4.** ауыс. *Шырмау.*

**ҚАМАУ[3]: қамау тер.** этн. *Бәйгеге қосатын жүйрікті баптап, суытқанда шығатын соңғы тер.*

**ҚАМАУЛЫ** сын. **1.** *Тұтқындаулы, түрмеге жабулы.* **2.** *Тығулы, бекітулі.* **3.** ауыс. *Шырмаулы, ғылым-білімсіз, сауат ашпаған.*

**ҚАМАШАЛА=** ет. *Қаумалау, қоршалау.*

**ҚАМАШАУ[1]** зат. *Қабілет, ой-өріс.*

**ҚАМАШАУ[2]** зат. **1.** *Қоршау, қамажау, ықтасын жер.* **2.** *Тар, қапырық жер.*

**ҚАМБА[1]** зат. **1.** *Астық, түрлі шикізат сақтайтын орын, үй.* **2.** жерг. *Балшық илейтін, лай айдайтын шұңқыр.* **3.** аңш. *Қасқыр ұстау үшін омбы қардан ойып жасалатын ор [Қасқырдың жым бойындағы қары қалың шұңқырларда қамба қазылып, қабырғаларына мұз түрғызу үшін ішіне құ шөп жайылады да жемтік ретінде қоянды байлап қояды. Қоянды жеймін деп қасқыр қамбадан тайғанақтап шыға алмай қалады].* **4.** ауыс. *Қор, байлық.*

**Қамба егеуқұйрығы.** зоол. *Дене тұрқы 15–25, құйрығы 10–12 сантиметрдей, салмағы 570 грамға дейін жететін, өсімдік дәнімен қоректенетін жәндік.* **Қамба зорат.** жерг. *Ортасынан жел кіріп кептіру үшін, үлкенірек етіп үйген тары үйіндісі.* **Қамба кенесі.** зоол. <лат. tyrogluphoidea> *Жабайы және дәнді өсімдіктерді жейтін зиянды жәндік.* **Қамба қанкөбелегі.** зоол. *Кәдімгі күйе көбелектер тұқымдасына жататын ұсақ көбелек.* **Қамба меңгерушісі.** *Бірнеше қамбаны, қамба қызметкерлерін басқаратын басшы.* **Қамба тезек.** *Киіз үйдің үлкендігіндей немесе одан кіші етіп, төбесін күмбездеп үйген тезек.*

**ҚАМБАДАЙ** сын. *Қамба сияқты, қамба тәрізді.*

**ҚАМБАЗ** зат. зоол. *Жәндіктің түрі, қарақұртты жоятын жәндік.*

**ҚАМБАЗДА=** ет. *Өзін көтермелеу, дәріптеу.*

**ҚАМБАЛА=** ет. *Қамбаға құю, қамбаға толтыру, салу.*

**ҚАМБАЛАП** үст. *Бір жерге үйіп, жинап.*

**ҚАМБАР[1]** зат. этн. ***Қамбарата.***

**ҚАМБАР[2]** зат. *Реңі әртүрлі қоңырқай түсті қаракөл елтірісі.*

**ҚАМБАРАТА** зат. миф. *Қазақтың наным-сенімінде жылқы малының пірі, иесі.*

**ҚАМБАС** зат. *Сонаның бір түрі.*

**ҚАМБАШЫ** зат. *Астық қойған қамбаны яки қойманы ұстаушы адам.*

**ҚАМ-ҒАСА** зат. ескікіт. *Қайғы-қасірет.*

**ҚАМДА=** ет. *Қам жасау, әзірлік істеу, дайындық жасау.*

**ҚАМДАЛ=** ет. *Қам жасалу, дайындалу.*

**ҚАМДАН=** ет. **1.** *Әрекет жасау, қам қылу.* **2.** *Жолға шығуға дайындық жасау, жолға жиналу.* **3.** *Оқталу.*

**ҚАМДАНУ** *Қамдан етістігінің қимыл атауы; қам қылу, қам жасау, әрекет ету.*

**ҚАМДАНУЛЫ** сын. *Әрекеттенулі, дайын, әзір.*

**ҚАМДАНЫС=** ет. *Қам жасасу, қам қылысу.*

**ҚАМДАС=** ет. *Дайындық жасасу, әзірленісу.*

**ҚАМДАСТЫР=** ет. *Қам қылу, дайындық жасау.*

**ҚАМДАСТЫРУ** *Қамдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМДАТ=** ет. *Қам жасату, әзірлету, дайындық жасату.*

**ҚАМДАТТЫР=** ет. *Қам жасаттыру, әзірлету.*

**ҚАМДАТТЫРУ** *Қамдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМДАТУ** *Қамдат етістігінің қимыл атауы; дайындық жасату, әзірлету.*

**ҚАМДАУ** *Қамда етістігінің қимыл атауы; дайындық жасау, әзірлеу.*

**ҚАМДАУЛЫ** сын. *Әзірлеулі, дайындап қойған.*

**ҚАМДАУШЫ** зат. *Әзірлеуші, дайындаушы.*

**ҚАМДЕСТІК** зат. *Қам жасаушылық, әрекет етушілік; қамқоршылық.*

**ҚАМДЫ** сын. *Жайлы, жағдайлы.*

**ҚАМ-ЖАЙ** зат. *Жай-жағдай, жай-жапсар.*

**ҚАМЗА** зат. көне. *Жанар, көз жанары.*

**ҚАМЗАУ** зат. **1.** *Суықтан қорғану үшін іштен киетін жеңіл жылы киім.* **2.** ауыс. *Сеп, демеу.*

**Қамзау болды.** *Қорғаныш, сеп болды.*

**ҚАМЗАУЛЫҚ** зат. *Қорғандық, септілік.*

**Қамзаулық жасады.** *Қорғаныш болды, септігін тигізді.*

**ҚАМЗОЛ** зат. *Көйлек сыртынан киетін жеңсіз бешпент, шолақжең.*

**ҚАМЗОЛДАЙ** сын. *Қамзол сияқты келте; қысқа.*

**ҚАМЗОЛДЫ** сын. *Қамзол киген, үстінде қамзолы бар. // Қамзол киген адам.*

**ҚАМЗОЛДЫҚ** сын. *Қамзол тігетін, қамзол тігуге лайықты.*

**ҚАМЗОЛША** зат. *Етегі тізеден жоғары келетін жеңсіз киім.*

**ҚАМЗОЛШАҢ** сын. *Қамзолмен ғана, үстіне қамзол ғана киген.*

**ҚАМИЛАН** зат. ескікіт. *Аудармашы, тәржімашы.*

**ҚАМЕК** зат. жерг. **1.** *Жас бұтақтар.* **2.** ауыс. *Піспеген, жетілмеген көк түйіншек.*

**ҚАМКЕН** зат. ескікіт. *Қайғы, шер.*

**ҚАМКЕСЕК** зат. *Шикі балшықтан құйылған кірпіш.*

**ҚАМКӨҢІЛ** сын. *Қайғылы, жабырқау. // Уайымы, қайғы-шері мол пиғыл, қамықты ой.*

**ҚАМКӨҢІЛДІ** сын. *Қайғылы, жабырқау.*

**ҚАМҚА[1]** [ир. کمخا] зат. *Зерлі жіптен тоқылған жібек мата, қытай жібегі.*

**Қамқа қылды.** *Жайнатты, жадыратты, шаттандырды.* **Қамқа тон.** этн. көне. а) *Иін қандырып, бабына келтіре жұмсартып, қынаға бояған қой терісіне аңдардың асыл терілерінен жаға салып тіккен, сыртынан күміс белбеу буынатын, сәнді, асыл тон.* ә) *Зерлі жібек матадан тігілген киім.* **Қамқа шаншыды.** *Жібектен мата тоқыды.*

**ҚАМҚА[2]** зат. зоол. *Қара түсті терісі қымбат, көбіне суда өмір сүретін аң; қама.*

**Қамқа бөрік.** *Қамқа терісімен жұрындалға бөрік.*

**ҚАМҚАДАЙ[1]** сын. **1.** *Қамқа сияқты.* **2.** ауыс. *Шымқай қара.*

**ҚАМ-ҚАЙҒЫ** зат. *Уайым-шер, қайғы-қасірет.*

**ҚАМ-ҚАЙҒЫСЫЗ** сын. *Қайғы-қасіретсіз, уайым-шері жоқ.*

**ҚАМҚАМ** зат. діни. *Көктен түскен төрт қылыштың бірі.*

**ҚАМҚАП[1]** зат. көне. *Алтындатқан жібек мата.*

**ҚАМҚАП[2]** зат. көне. *Қамқа терісінен істелген қымбат бағалы киім, ішік.*

**ҚАМ-ҚАПА** зат. *Өкініш, қайғы.*

**ҚАМ-ҚАРЕКЕТ** зат. **1.** *Жай-жағдай.* **2.** *Амал-әрекет, айла-шарғы.*

**ҚАМҚОР** [ир. غم خوار] зат. **1.** *Қорған, қорғаныш, пана, мейірбан.* **2.** *Сүйенер сүйеніш, сенімді тірек, қолдаушы.* **3.** *Біреудің қарауындағы, қол астындағы бағыныштың нәрсе.*

**Қамқор болды.** *Қамқоршылық етті, пана, сая, қорғаныш болды.* **Қамқорға алды.** *Пана болды, өз қарауына алды.* **Қамқор көңіл білдірісті.** кіт. *Жанашырлық көрсетті, жасады.*

**ҚАМҚОРЛА=** ет. *Қамқорлық жасау, пана, қорғаныш болу.*

**ҚАМҚОРЛАН=** ет. *Қамқор болу, қамқорсыну.*

**ҚАМҚОРЛАС** сын. *Мақсаттас, тілектес, қарайлас.*

**ҚАМҚОРЛЫҚ** зат. **1.** *Жан ашушылық, қорғаушылық; мейірбандық.* **2.** *Әртүрлі ұйымдарға, мекемелерге, жекелей адамдарға материалдық және рухани тұрғыда қамқорлық жасайтын дәстүрлі іс-әрекет жүйесі.*

**Қамқорлық жасады [істеді, көрсетті, қылды]**. *Жақсылық көрсетті, қорғаныш болды, мейірбандық жасады.* **Қамқорлыққа алды**. *Тәлім-тәрбие беру үшін немесе жәрдемдесу мақсатымен қарауына алды, қам жасады, назар бөлді.*

**ҚАМҚОРСУ** *Қамқорсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМҚОРСЫ=** ет. *Қамқоршы болғансу, жаны ашығансу, қорғағансу; мейірбансу.*

**ҚАМҚОРСЫҒАНДЫҚ** зат. *Қамқор болғансығандық.*

**Қамқорсығандық білдірді.** *Қамқор болғансыды, жаны ашығансыды.*

**ҚАМҚОРСЫЗ** сын. *Қамсыз, қаперсіз, байқаусыз.*

**Қамқорсыз қалды.** *Тірегі, сүйеніші болмады, қараусыз қалды.*

**ҚАМҚОРСЫЗДЫҚ** зат. *Қамсыздық, қаннен-қаперсіздік.*

**ҚАМҚОРСЫН=** ет. *Қамқорсу, қамқор болғансу.*

**ҚАМҚОРШЫ** зат. **1.** *Біреудің қамын ойлаушы, қамқорлық жасаушы, жақсылық, мейірбандық етуші, қорғаушы.* **2.** діни. *Демеуші, қолдаушы ие.* **3.** заң. *Жақтаушы, қорғаушы адам.*

**ҚАМҚОРШЫЛ** сын. *Біреудің мұң-мұқтажын ойлағыш, қамын жегіш, қамқорлық ететін, мейірімді.*

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жанашырлық, мейірімділік, қорғаушылық.* **2.** сөйл. ***Қамқорлық*** *(әртүрлі ұйымдарға, мекемелерге, жекелей адамдарға материалдық және рухани тұрғыда қамқорлық жасайтын дәстүрлі іс-әрекет жүйесі).*

**ҚАМҚОРШЫСЫ=** ет. *Қамқор болғансу, мейірімділік көрсеткенсу.*

**ҚАМПАЙ=** ет. **1.** *Тырсиып ұлкею, қампию; томпаю, торсию.* **2.** ауыс. *Өз-өзінен ісініп-кебіну, паңдану, бөсіп мақтану.*

**ҚАМПАЙТ=** ет. **1.** *Қампиту, томпиту, тырситу.* **2.** *Үлкен қылу, зорайту.*

**ҚАМПИ=** ет. **1.** *Қомпию, торсию.* **2.** *Қап-қалың болу, ұлкен болып көріну.* **3.** ауыс. *Әлдеқандай боп дардию, ісіп-кебу.*

**Қампиып кетті**. *Тым ұлкейді, шамадан тыс ұлғайды.*

**ҚАМПИТ** [ор]. зат. сөйл. ***Кәмпит.***

**ҚАМПИТ=** ет. **1.** *Қомпиту, торситу.* **2.** ауыс. *Әлдеқандай етіп көрсету.*

**ҚАМРЫ** зат. ескікіт. *Садақтың тартпасы.*

**ҚАМСАҚ** зат. жерг. *Қамыс өскен жер.*

**ҚАМСАҚТЫЛЫ** сын. жерг. *Қамысы қалың өскен, қамысы мол.*

**ҚАМСАУ** зат. **1.** *Баспана, қалқа.* **2.** *Жылуы бар лыпа.* **3.** ауыс. *Қорған, пана.*

**ҚАМСАУЛА=** ет. *Баспана жасау, қалқан, қорғаныш істеу.*

**ҚАМСАУЛЫҚ** сын. *Қорғаныш боларлық, лыпалық. // Қорғаныш, лыпа болушылық.*

**ҚАМСЫЗ** сын. **1.** *Еш нәрседен қауіп, қатері жоқ, жайбарақат.* **2.** *Дайындықсыз, әзірліксіз. // Дайындығы жоқ, әзірліксіз ел.*

**Қамсыз жатты**. *Жайбарақат болды, сақтанбады, қам жасамады.* **Қамсыз қылды.** *Жеткілікті етті.*

**ҚАМСЫЗДА=** ет. *Қамсыз ету, қауіп-қатер жолатпау.*

**ҚАМСЫЗДАУ** *Қамсызда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМСЫЗДАНДЫР=** ет. **1.** *Қамтамасыз ету, қамсыз ету.* **2.** қоғ. -әлеум. *Өмірді, мал-мүлік, дүниені әлеуметтік тұрғыдан қорғау.*

**ҚАМСЫЗДАНДЫРУ** *Қамсыздандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қамтамасыз ету.* **2.** *Өмірді, мал-мүлік, дүниені әлеуметтік тұрғыдан қорғау.*

**Қамсыздандыру бөлімі.** *Қамсыздандыру мекемесінің аудандағы, яки облыстағы мекемелерінің ішіндегі жеке саласы.* **Қамсыздандыру мекемесі.** *Жеке азаматтарды, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қамсыздандырумен шұғылданатын арнаулы орын.*

**ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Қамтамасыз еттірілу.*

**ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУ** *Қамсыздандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМСЫЗДАУ** сын. *Ешбір қауіп-қатер ойламайтын, еркін, жайбарақаттау.*

**ҚАМСЫЗДЫҚ** зат. *Жайбарақаттық, ешбір қам жасамаушылық; әрекетсіздік.*

**ҚАМСЫЗ-МҰҢСЫЗ** сын. *Қаннен-қаперсіз, уайымсыз.*

**ҚАМТАМА** зат. *Керек-жарақ, жабдық.*

**Қамтама етті**. *Қамтамасыз қылды, қамтыды, қарық қылды.* **Қамтама қалмады.** *Жайбарақат, әрекетсіз болмады.*

**ҚАМТАМАСЫЗ** сын. *Толық, жеткілікті; түгел дерліктей.*

**Қамтамасыз ету.** *Керек-жарақпен жабдықтау, қамсыздандыру.* **Қамтамасыз етілді**. *Керек-жарақ затпен, нәрсемен жабдықталды, қамсыздандырылды.*

**ҚАМТЕМЕ** зат. *Мұқтаж, қажет, қам.*

**ҚАМТУ** *Қамты етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМТЫ=** ет. **1.** *Бір нәрсені қолмен қармау, тұту.* **2.** *Қоршау, аумағына алу, шарпу.* **3.** *Түгелдей, тұтастай; айнала төңірек қолға алу, орау.* **4.** ауыс. *Иемдену, меншіктеу.* **5.** ауыс. *Қамдау, қамтамасыз ету.*

**Қамти келді.** *Дайындады, әзірледі.* **Қамтып қалды.** *Ұстады, қармады.*

**ҚАМТЫЛ=** ет. **1.** *Түгел не белгілі бір мөлшерде алыну.* **2.** *Қарастырылу, зерттелу.*

**ҚАМТЫЛУ** *Қамтыл етістігінің қимыл атауы; қамтамасыз етілу.*

**ҚАМТЫЛЫМ** зат. жаңа. *Қамту, қамтылу.*

**ҚАМТЫТ=** ет. *Түгелдей, тұтастай алдырту.*

**ҚАМШАТ** зат. сөйл. ***Кәмшат*** *(сусар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқорек-ті аң). // Кәмшат терісінен жасалған.*

**Қамшат бөрік**. сөйл. ***Кәмшат бөрік.***

**ҚАМШАУ** зат. **1.** сөйл. ***Қамсау.*** **2.** ауыс. *Демеу, сеп.*

**ҚАМШАУСЫЗ** сын. сөйл. ***Қамсаусыз*** *(ықтасынсыз, жылусыз).*

**ҚАМШАУЛЫҚ** зат. *Қалқа болушылық, қамсаулық, қорғандық.*

**ҚАМ-ШЕР** зат. *Уайым-қайғы.*

**ҚАМШЫ**[1] зат. **1.** этн. *Атты айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әртүрлі нұсқада өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған құрал; ер-тұрманның бір құрамы.* **2.** ауыс. *Таяқ, соққы.*

**Қамшы басты.** *Атқа үсті-үстіне қамшы салды.* **Қамшы бойы.** этн. *Қамшының сабы мен өрімінің ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Қамшы болды.** *Себеп болды, уәж болды.* **Қамшы боп тиді.** *Жанына қатты батты.* **Қамшы білемдеді**. а) *Қамшының сабымен өрімін қосып, екі бүктеп ұстады, салмақтады.* ә) *Қыр көрсетті, жұдырық көрсетті, қоқаңдады, кіжіңдеді.* **Қамшыға қамшы қайтарды**. *Қарымтаға қарымта қайырды.* **Қамшы жеді [көрді]**. *Соққы көрді, таяққа жығылды.* **Қамшы жұмсады**. *Сабады, соқты.* **Қамшы жұмсатты.** *Соқтырды, сабатты.* **Қамшы көсті.** *Қамшымен үсті-үстіне төпеледі, соққыға алды.* **Қамшы қағысты.** *Көкпар тартысуға қатысып, бірге болды; бірге жүріп, бірге тұрды деген мағынада.* **Қамшы құрлы көрмеді.** *Еш ауырсынбады.* **Қамшының астына алды.** *Қатты сабады, соқты, ұрды.* **Қамшының ұшын жалғады.** *Ат ізін суытпады, хабарласып тұрды.* **Қамшы салдырды**. *Болдырды, шаршады.* **Қамшы салдырмады**. а) *Иесінің ойын қамшы баспай-ақ түсінді, зулады.* ә) *Бір істі орындауға келгенде сөз айтқызбай, өз бетімен істеді, ынта-жігерімен орындады.* **Қамшы салмады.** *Қамшы тигізбей жүріп отырды.* **Қамшы салым жер.** этн. *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Қамшысын алып келуге [беруге] жарамады**. *Шірік, былжыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі мағынасында.* **Қамшысынан қан сорғалаған [тамған].** *Қатыгез, қатал, қаһары күшті.* **Қамшысының ұшын бермеді**. *Болыспады, жәрдем етпеді, қарайласпады; жамандық жасады, опасыздық істеді.* **Қамшысы тиді.** *Бала әлсін-әлсін ояна берді.* **Қамшы сілтесіп келді.** *Егесіп келді, кіжіністі.* **Қамшы тастады [тастасты].** этн. *Дауласқан, таласқан екі жақтың сөзбен айтысар, кінәласар алдында жерге қамшыларын тастап, кезек алу дәстүрі.* **Қамшы тигізбеді.** а) *Астындағы атына қамшы салмады, ұрмады.* ә) *Қамшы салдырмады, зулады, заулады.* **Қамшы тимеген.** *Асау ат туралы.* **Қамшы түтеді.** *Таяқ жауып кетті, соққылаған қамшы жауды.* **Қамшы ұрғызды.** *Таяқтады, ұрды, соқты; дүре соқты.* **Қамшы ұрды.** *Күш салды.* **Қамшы үйірді [ойнатты].** а) *Сабауға ыңғайланып, қамшыны шыр айналдыра есін қорқытты, үрейлендірді.* ә) *Жан алқымға алды, қауіп төндірді.* **Қамшы үйреді де отырады.** көне. *Ақырып, бір шыбықпен айдайтын, зорлықшыл, озбыр кісі туралы айтылады.* **Қамшы үйіртті.** *Қоқан-лоққы жасатты, қорқытты.* **Қамшы үйіру.** а) *Қоқан-лоққы жасау, қорқыту.* ә) *Кінә арту, налу.*

**ҚАМШЫ**[2] зат. *Еркек малдың жыныс мүшесі, шыбығы.*

**ҚАМШЫ=** ет. *Қалшию, селтию.*

**ҚАМШЫГЕР** зат. *Қамшы ұрысына мықты, қанық адам, сойыл соққыш, сойылға шебер.*

**ҚАМШЫГЕРЛІК** зат. *Қамшы ұрысына мықтылық, сойыл соққыштық; қамшы сайысына тән шеберлік.*

**ҚАМШЫДАЙ** сын. **1.** *Қамшы сияқты, қамшы тәрізді.* **2.** *Ұзын, жіңішке етіп өрілген.*

**Қамшыдай қатқан.** а) *Әбден бапталып, жараған.* ә) *Арып-ашқан, әбден жүдеген.* **Қамшыдай тиді [батты].** *Қатты өтті, батты.*

**ҚАМШЫКЕСТІ** сын. *Айғырдың үйіріне қарай алмаған кезі; мініс болып арыған шағы.*

**ҚАМШЫ-ҚАМҚОР** сын. *Сүйеніш, тірек, пана.*

**ҚАМШЫЛ** сын. *Өзгенің мүддесін, халжайын, қамын ойлайтын қамқор.*

**ҚАМШЫЛА=** ет. **1.** *Қамшымен мініс атты, көлікті сипай сабалау, соғу.* **2.** ауыс. *Бастырмалау, үстемелеу, күштеу, біреуді сөзбен қайрау.* **3.** ауыс. *Жігерлендіру, рухтандыру.*

**Қамшылар жақ.** *Мініс көліктің оң жағы деген мағынада.*

**ҚАМШЫЛАН=** ет. *Атты сипай сабалану.*

**ҚАМШЫЛАНУ** *Қамшылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАМШЫЛАС=** ет. **1.** *Қамшы сілтесу.* **2.** *Қарсы келу, қарсыласу.*

**ҚАМШЫЛАТ=** ет. *Қамшы салдыру, қамшы үйіру.*

**ҚАМШЫЛАУ** *Қамшыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қамшымен сабау.* **2.** ауыс. *Еріктен тыс күштеу, ырыққа көндіру.*

**ҚАМШЫЛЫ** сын. *Қолында қамшысы бар, қамшы ұстаған.*

**ҚАМШЫЛЫҚ** сын. *Қамшы боларлық, қамшыға жарарлық.*

**ҚАМШЫСАП** зат. этн. *Тобылғы, жыңғыл, темір, елік сирағынан жасалған қамшының сабы.*

**ҚАМШЫСЫЗ** сын. *Қамшысы жоқ.*

**ҚАМЫҒУ** *Қамық етістігінің қимыл атауы; қайғыру, қапа болу.*

**ҚАМЫҒУЛЫ** сын. *Қамыққан, қайғылы, абыржулы.*

**ҚАМЫҒУШЫ** зат. *Қамығып-қайғырушы, торығушы.*

**ҚАМЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Қайғырушылық, торығушылық.*

**ҚАМЫҒЫҢҚЫ** сын. *Аздап қамыққан, жабырқаңқы.*

**ҚАМЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Уайымдаңқырау, торығыңқырау, қапаланыңқырау.*

**ҚАМЫҒЫС=** ет. *Қапа болысу, қайғырысу.*

**ҚАМЫҚ=** ет. *Бір нәрсеге қатты налып ренжу, қайғырып-қапалану, жабырқау.*

**Қамыққан көңіл.** *Қайғы, дерт.*

**ҚАМЫҚҚАНСЫ=** ет. *Ренжігенсу, уайымдаған сыңай таныту.*

**ҚАМЫҚТЫР=** ет. *Қапаландыру, қайғыға батыру, жабырқату.*

**ҚАМЫҚТЫРҒЫШ** сын. *Қапаландырғыш, ренжіткіш, жабырқатқыш.*

**ҚАМЫР** [ар. خمير] зат. **1.** *Суға, сүтке илеген ұн, шикі нан.* **2.** *Асылған етің сорпасына пісірлген нан.* **3.** ауыс. *Шикі, пісіп жетілмеген.* **4.** ауыс. *Ақыл тоқтатпаған, ысылмаған, бос, болбыр.*

**Қамырдан қыл суырғандай [тартқандай].** *Тартымды, шешен, шебер.* **Қамырдан тартқан қылдай болды.** *Жұп-жұмсақ болды.* **Қамыры ашыды.** а) *Ашытқы қосылып иленген қамыр көтерілді.* ә) жерг. *Жаны ашыды.*

**ҚАМЫРДАЙ** сын. *Илеген шикі нандай, қамырша.*

**Қамырдай иледі.** *Быт-шытын шығарды, тас-талқан етті.*

**ҚАМЫРЛАН=** ет. **1.** *Егіннің бас тартып, дәні толысып, масақтың сүттенуі.* **2.** *Қамыр болу.*

**ҚАМЫРЛАНУ** *Қамырлан етістігінің қимыл атауы; егіннің бас тартып, пісіп-жетілген кезі.*

**ҚАМЫРЛЫҚ** сын. *Қамыр боларлық, қамырға жарарлық.*

**ҚАМЫРЛЫЛЫҚ** зат. *Бидайдың қамырлану қасиетімен байланысты сапа көрсеткіші.*

**ҚАМЫРСЫЗ** сын. *Қамыр салмаған, нан- сыз.*

**ҚАМЫРША** үст. *Қамыр тәрізді, қамыр секілді.*

**Қамырша иледі.** а) *Балқытты.* ә) *Ұрып-соқты, таптады, басып- жаншыды.* **Қамырша иленді.** *Быт-шыты шықты, балқыды.*

**ҚАМЫРЫҚ** зат. *Көңілдегі қайғы-шер, уайым, азапты мұң.*

**ҚАМЫРЫҚ =** ет. *Қайғы-қасіретті, шерлі болу, уайымға кезігу, қамығу.*

**ҚАМЫРЫҚ-ҚАЙҒЫ** зат. *Уайым-қайғы.*

**ҚАМЫРЫҚ-МҰҢ** зат. *Қайғы-шер.*

**ҚАМЫРЫҚТЫ** сын. *Уайым-қасіреті мол, шері мен мұңы көп.*

**ҚАМЫС** зат. **1.** *Өзен, көл жағаларында, сондай-ақ сазды, батпақты, ылғалды жерлерде өсетін өсімдік.* **2.** терм. бот. <лат. phragmites> *Астық тұқымдасына жататын қияқ жапырақты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Қамыс айқабағы.** зоол. <лат. acrocephalus scirpaceus> *Торғай отряды сандуғаш тұқымдасына жататын құс.* **Қамыс қалпақ.** *Қамыстан тоқылған баскиім.* **Қамыс құлақ.** *Қамыстай сүйір құлақ (ат.).* **Қамыс мысығы.** зоол. <лат. felis chaus> *Құлағының ұшында шашақталған қылшығы бар, жабайы дала мысығынан гөрі ірі, жүні бір түсті жабайы мысық.* **Қамыс орақ.** *Тек қамыс шабатын орақ.* **Қамыс тегене.** *Қамыстан жасалған шұңғыл ыдыс.*

**ҚАМЫСАҚТЫ** сын. *Қамысы ну, қалың өскен.*

**ҚАМЫС-ҚҰРАҚ** зат. *Ну, қалың өскен қамыс пен құрақ.*

**ҚАМЫССЫЗ** сын. *Қамыс өспеген, қамысы жоқ.*

**ҚАМЫССЫРНАЙ** зат. муз. *Қамыстан жасалған сырнай; қазақтың үрмелі музыкалық аспабы.*

**ҚАМЫСТАЙ** сын. **1.** *Биік, қалың.* **2.** *Тіп-тік, сүйір (құлақ).* **3.** ауыс. *Қалжыраған, күш-қуаты таусылған, әлсіз деген мағынада.*

**Қамыстай жапырылды.** *Жаппай қырады, құлады.* **Қамыстай самсыды.** *Жер қайысқан қалың қол туралы айтылады.*

**ҚАМЫСТЫ** сын. *Қамысы мол, қалың.*

**ҚАМЫСШЫ** зат. *Қамыс дайындаушы.*

**ҚАМЫТ** зат. **1.** *Шана, арба т. б. жегілген аттың мойнына кигізетін, құлақбауы арқылы тәрте мен доғаны ұстап, дәнекер болып тұратын сайман, әбзел.* **2.** ауыс. *Ауыр азап, қиянат, бұғау.*

**Қамыт аяқ.** *Сирағы доға сияқты имиген, қисық аяқ.* **Қамыт киді.** *Лажсыз бір іске көнді, мойынсынды.* **Қамыт күпі.** *Мақтасы қалың салынған шапан.* **Қамытқа басын сұқты [мойынсынды].** *Бас иді, берілді, көнді.* **Қамыттан шықты.** *Іске жарамай қалды, қатардан қалды.*

**ҚАМЫТБАСТЫ** сын. *Айдағанға көнетін, қамытқа бас иетін; көлікке көп жегілген.*

**ҚАМЫТБАУ** зат. *Жалпақтығы екі елідей боп істелген, қамыттың екі басын біріктіріп байлайтын қайыс.*

**ҚАМЫТБАУЛЫҚ** сын. *Қамытқа бау жасайтындай, қамытбауға жарарлық.*

**ҚАМЫТ-ДОҒА** зат. *Арбаға яки шанаға жегілетін аттың әбзел-саймандары.*

**ҚАМЫТҚАҚТЫ** сын. *Әл-қуаты кеткен, қамыттан шыққан.*

**ҚАМЫТҚИДЫ** сын. *Беті қайтып, әкки болған.*

**ҚАМЫТ-САЙМАН** зат. *Арбаға яки шанаға жегілетін аттың әбзелдері; доға, ершік, божы.*

**ҚАМЫТСЫЗ** сын. *Қамыты жоқ, мойнына қамыт салынбаған.*

**ҚАМЫТТА=** ет. *Аттың мойнына қамыт салу, кигізу.*

**ҚАМЫТТЫҚ** зат. *Қамыттың киізден жасалған шұжығы.*

**ҚАМЫТШАЛА=** ет. *Қамыттың шұжығынша бүктеу, орау.*

**ҚАМЫТШЫЛЫҚ** зат. *Күйзелушілік, қиыншылық.*

**ҚАН**[1] зат. **1.** *Тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат.* **2.** анат. <лат. sanguis> *Дененің барлық жасушаларына қорек беріп тұратын, ағзада химиялық заттарды тасымалдау арқылы жасуша және аралық кеңістіктерде өтетін биохимиялық процестерді біртұтас жасуша жүйеге біріктіріп тұратын сұйық тін.* **3.** ауыс. *Тегі бір тұқым, туыс.* **4.** ауыс. *Өлім, ажал.* **5.** ауыс. *Ашулы кек, ыза, намыс.*

**Қан азайғандық.** ***Қаназдық.*** **Қан айдады.** *Ажал қуды, өлім келді.* **Қан айналысы [айналымы].** биол. *Жүрек-қан тамырлар жүйесінің бүкіл денені қанмен қамтамасыз ету жолы.* **Қан алу.** а) вет. *Делбе, бөген, күтүяқ т. б. дертке шалдыққан малды қан алу арқылы емдеу; малдың тамырын тіліп қан ағызу.* ә) *Адам бойындағы науқастың түрін, себебін анықтау үшін қанды анализге алу.* **Қан берді.** *Бойға күш, қуат берді; жандандырды; жаңа өмір орнатты.* **Қанға батты [боялды].** *Қып-қызыл қанға бөкті, опат болды.* **Қанға батырды.** *Көзін жойды, өлтірді, қан-жоса етті.* **Қанға батысты.** *Қанға боялды.* **Қанға бөкті.** *Қырғынға ұшырады, опат болды.* **Қанға біткен.** *Қанында бар, туа біткен.* **Қанға жерік.** *Қанқұмар, қанқұйлы, қаранист.* **Қанға қан.** зат. тар. этн. *Әлемнің бірқатар халықтарында болған, өлген кісінің құнына айыпты немесе айыпты жақтан кісі өлтіруге негізделген ғұрыптық әдет заңы.* **Қанға малды.** а) *Қандады, қан жақты, қанға батырды.* ә) *Апат келді, соғыс басталды.* б) *Ант берді, ант ішті.* **Қанға малынды.** *Опат болды, қаза тапты.* **Қанға сусады.** *Қырғын салғысы келді, кісі өлімін аңсады.* **Қанға сіңген әдет.** *Үйреншікті, өз бойына тән іс.* **Қанға сіңісті.** *Бойына дарыған, әдет болған.* **Қанға тояттады [тойды].** *Қанын ішіп, құмардан шықты.* **Қандағы қастық.** *Адам бойындағы өшпенділік, қанқұмарлық.* **Қанды қанмен жуды.** *Ашу-кекті, бойдағы өшпендікті қанмен, өліммен қайтарды; өлген кісісі үшін кісі өлтіріп, кек алды.* **Қан жалады.** а) *Таяқ жеді, аузы-басы жосадай қан болды.* ә) *Қан сорды, зорлық-зомбылық көрсетті.* **Қан жаласты.** *Ант ішіп, серттесті.* **Қан жалатты.** *Қызыл жоса қан етіп сабады, шиедей қан етті.* **Қан жамылды.** **Қан жауғыр.** қарғ. *Қанға бат, қан болғыр, өлім келгір.* **Қан жаудырды.** а) *Зар илетті, азап шек- тірді, қорлық көрсетті.* ә) *Түйіле қарады.* **Қан жауса да.** *Қанша қауіп-қатер болса да, қиыншылық болса да.* **Қан жирен.** *Шымқай, қызыл жирен жылқы түсі.* **Қан жоса болды.** *Қызыл ала қан болды, қанға бөкті.* **Қан жосылтты.** *Қанын селдей ағызды, қырып-жойды.* **Қан жұтқыр.** қарғ. *Қарғыс атқыр, оңбағыр; жамандық көргір.* **Қан жұтты.** а) *Қайғырды, уайым жеп қуса болды.* ә) *Өлді, жер жастанды, о дүниеге аттанды.* **Қан жүрегі қақ жарылды.** *Көңілі қам болды, қайғырып, қуса болды, уайым жеді.* **Қан жүрек.** *Ыстық, қызба жүрек; қамыққан, жабыққан көңіл.* **Қан жылату. Қан жылатты.** *Зар қақсатты, зар илетті.* **Қан жілік.** *Бәйгеге қосуға жаратылмаған, майға бөккен, семіз.* **Қан кетті.** мед. *Тамырлардың жарақаттануынан немесе түрлі ауру салдарынан қан тоқтамай ақты.* **Қан кешті.** *Қан майданда кескілесіп соғысты, жаумен арпалысты.* **Қан көбік.** *Ақ сабын болған ащы тер.* **Қан көйлек дос.** *Жан беретін ең сенімді дос, жора.* **Қан көтерді.** а) *Іліп ала жөнелді, ауыздан-ауызға тез таратып жіберді.* ә) *Дәріптеді, қолпаштады.* **Қан күрең.** а) *Қызарған, қызыл қошқыл тартқан түс.* б) *Қара қоңыр.* **Қан қаза көтерді.** *Жақын туысы, жанашыры өлді, аза тұтты.* **Қан қақсады.** а) *Жанға бата қатты солқылдап ауырды, жан таптырмай сырқырады.* ә) *Зар қақты, зарлады.* **Қан қақсатты.** а) *Солқылдатып ауыртты, зар қақсатты.* ә) *Зар қақтырды, зар илетті, зар жылатты.* **Қан қақырды. Қан құйды.** *Қансыраған адамға дәрігерлік тұрғыдан қан берді, қан жаңартты.* **Қан құйылды. Қан құса болды.** *Қаралы қайғыда болды, уайым жеп күйінді.* **Қан құсты.** а) *Ауыр дертке шалдықты.* ә) *Азап тартты, опық жеді.* **Қан құстырды.** *Азап тартқызды; ішкен-жегенін желкесінен шығарды, сығып алды.* **Қан құстыру. Қан қызыл.** *Қып-қызыл болған, қызарған.* **Қан қылды.** а) *Қандады, қан етті.* ә) *Қырып-жойды, қиратты, талқандады.* б) *Жаралады, езді.* **Қан қырғын.** *Қантөгіс, жойқын соғыс.* **Қан қысымы.** мед. *Жүрек қызметі және қан тамырлары қабырғасының кедергісі әсерінен болатын қан тамырлары ішіндегі қысым.* **Қан майдан.** *Соғыстың нағыз қайнаған жері, қиян-кескі ұрыс, қызу айқас, тартыс.* **Қан майданнан қағыс болды. Қанмен ақтады.** *Жанын сала еңбек етті, жанын пида етті.* **Қан ойнады.** *Қан қысымы көтеріліп ауырды.* **Қан сасыды.** *Қырғынға ұшырады, қырылып қалды.* **Қан сасытты.** *Қырды, қырғынға ұшыратты.* **Қан сигізді.** *Зыр қаққызды, зар қақтырды.* **Қан сиді.** *Қатты қысылып, қиыншылық көрді, зар қақты.* **Қан сорпа болды.** *Әбден қиналды, терге малынды.* **Қан сорпа қылды.** *Әбден терлетіп, қызыл май қылды.* **Қан сорпасы шықты.** *Әбден терледі, қаратер болды.* **Қан тамырлар жүйесі.** анат. *Денедегі қан түзу мүшелері, қан қуыстары, қан тамырлары мен қанды тасуға қатысатын мүшелер жинағы.* **Қан тамырлары.** сөйл. *Қанның денеге тарап, әрі-бері жүріп тұратын жолдары.* **Қан тартты.** *Ажал айдады, өлім шақырды.* **Қан тасыды.** *Қан әдеттегі мөлшерден көтерілді, қан қысымы артты.* **Қан топтары.** мед. *Бір адамның қанын екінші кісіге құйғанда ескеретін эроциттердің антигендік құрылымдары мен оларға қарсы антиденелерді сипаттайтын қасиеттер жинағы.* **Қан төкті.** *Қырып-жойды, қырғынға ұшыратты; жанын құрбан етті, өлді.* **Қан түкірді.** *Жаны қиналып, қан құсты.* **Қан түрткен.** *Ажал айдаған, өлім қуған.* **Қан тырнақ.** *Қара ниет, қан құйлы жауыз.* **Қан ұрттады.** *Өлтірді, қырып-жойды.* **Қан шайқас.** *Арпалыс, қанды соғыс.* **Қан шелек.** *Қанды балақ, баукеспе ұры, әккі қарақшы, жауыз.* **Қан шеңгелді салды.** *Ажал құрсауына алды, жан алқымға алды.* **Қан шығару.** діни. *Алланың ризашылығы үшін аруақтарға бағыштап құран оқып, мал (қой) сою.* **Қаны азаю.** *Қан құрамындағы гемоглабиннің төмендеуінен болатын әлсіздік.* **Қаны басына тепті. Қаны басына шапшыды. Қаны бұзық.** *Арам ниет, арам ойлы, қаны қара.* **Қаны бір.** *Бір кісіден, бір елден*

*тараған туыс, қандас.* **Қаны жерге тамбайды. Қаны кепті.** *Қаталады, тамағы қаңсып шөлдеді.* **Қаны қайнады.** а) *Ашу-ыза қысты, ызаланып күйінді, тарынды.* ә) *Жігерленді, ынталанды.* **Қаны қара.** а) *Арам, қара ниет.* ә) *Қатты, қатал.* б) *Ызалы, өмірге реніші, күйініші.* **Қаны [қанына] қарайды.** а) *Ашу-ызаға булықты, қатты ызалы болды; қабынып ашуланды.* ә) *Жек көрді, жақтырмады, қаны бұзылды.* **Қаны қас [қарсы].** *Өш, қарсы; бақас; жау.* **Қаны қатты.** *Ашуланды, өшікті, ызаға булықты.* **Қаны қашты.** а) *Өңі болбоз боп қуарды, бозарды.* ә) *Түсі өзгеріп үрейленді, зәре-құты кетіп, қорықты, шошыды.* **Қаны құрыды.** *Әлсіреп, басы айналды.* **Қаны қызды.** *Екіленді, делебесі қозды.* **Қанымен шайды.** *Өлтіріп, кек алды, қанға қан қайтарды.* **Қаны мойнында кетті.** *Айыпты, күнәкар болды, біреуді жазықсыз өлтірді.* **Қанына сіңді.** *Дағдыға, әдетке айналды, үйреншікті болды.* **Қанына тартты.** *Шыққан тегіне, жақынына бұрды.* **Қанына ұрық екті.** *Үрім-бұтаққа жақсылық, ізгілік тіледі, өсиет қалдырды.* **Қанын жүктеді.** *Біреуді жазықсыз өлтіріп, күнәкар болды, обалына қалды.* **Қанын қақ қылды.** *Сүліктей сорды, әбден езді.* **Қанын қиды [құрбан етті].** а) *Басын өлімге тікті, жанын пида етті.* ә) *Өлімнен құтқарды, ажалдан босатты.* **Қанын қыздырды.** *Еліктірді, намысын қоздырды.* **Қанын сорды.** *Қанап, езді.* **Қанын судай ағызды [төкті, шашты].** *Қырып-жойды, өлтірді.* **Қанын сүліктей сорды.** а) *Біреудің еңбегін қанады, зорлық-зомбылық істеді.* ә) *Қан-сөлсіз етіп әлсіретті, жүдетті.* **Қанын сұрады.** *Басын талап етті, өлтірмек болды.* **Қанын торсыққа байлады [құйды].** *Ештеңеден қайтпады, тайсалмады, қорқып, үрейленбеді, сескенбеді.* **Қанын ұрттады.** *Басын жұтты, жалмады, өлтірді.* **Қанын ішті.** а) *Өлтірді, басын жеді.* ә) *Қинады, азаптады, сүліктей сорды.* **Қанын ішіне тартты.** а) *Қатты ашуланды, ыза буып сызданды, жарылып кете жаздады.* ә) *Ішінен тынды, түсі қашып сұрланды.* **Қаны селдей құйылды.** *Қырылды, қырғынға ұшырады.* **Қаны судай ақты.** *Қаны төгілді, қырылып қалды.* **Қаны суық.** *Қаныпезер, бұзық.* **Қаны тамған жер.** *Қаза болған, мерт болған жер.* **Қаны тасыды.** а) *Ыза буды, кек қайнады.* ә) *Жігерленді, рухтанды, шабыттанды.* **Қаны тоқтады.** *Өлді, о дүниеге аттанды.* **Қаны төгілді.** *Қырылды, қырғынға ұшырады.* **Қаны ұйыды.** *Сенді, иланды.* **Қан ішкен сайын құныққан.** *Елді қырып-жойып талаған сайын, адам өлтірген сайын сүйінген.* **Қан ішті.** *Ел шапты, кісі өлтірді.*

**ҚАН[2]** з а т. с ө й л. ***Хан.***

**Қан артынан жұдырық жаудырды.** *Сырттай сес, күш көрсетті, айбат шекті.* **Қан талауға салды.** *Талапай етті, тұс-тұстан талап әкетті.*

**ҚАН[3]** с ы н. к ө н е. *Үлкен, зор, нағыз.*

**Қан базар.** а) к ө н е. *Жексенбі күнгі базар; нағыз қызған базар.* ә) *У-шу, адамның ығы-жығы толған жері.* **Қан жайлау.** *Жайлаудың қызған шағы.* **Қан сәске.** *Ұлы, үлкен сәске, күн түске таяу кез.*

**ҚАН=** е т. **1.** *Шөлі басылу, қайту, сусындау.* **2.** а у ы с. *Қанағаттану, разы болу, құмардан шығу.* **3.** а у ы с. *Мән-жай, жай-жапсарды толық сұрап білу, анық-қанығына жетіп ұғыну; сену, илану.*

**Қанып ішті.** *Құмардан шыға ішті, шөлін қандырды.*

**ҚАНА[1]** з а т. **1.** *Өсімдіктің дәні немесе ұрығы орналасқан сыртқы қабығы, қауызы.* **2.** *Бір нәрсенің жалпы көлемі, аумағы.*

**Қанасы бұзылмады.** *Өзгермеді, сол күйі сақталды.* **Қанасынан асты [шықты].** а) *Сыймады, асып-төгілді.* ә) *Шектен шықты, дандайсыды, асып-тасты.* **Қанасына сыймады.** а) *Асып-тасып дандайсыды, ісініп-кебінді.* ә) *Ашуға булықты, долданды.* б) *Мазасы кетті, тыным таппады.* **Қанасын жарып шыққан.** *Іштен шыққан (перзент).*

**ҚАНА[2]** з а т. с а я т. *Жеті жасар бүркіт.*

**ҚАНА[3]** ш ы л. *Өзі қатысты толық мағыналы сөздерден кейін тұрып, олардың мағынасына шек қою, тежеу реңкін қосу үшін жұмсалатын демеулік; ғана.*

**ҚАНА[1]=** е т. *Қан ағу, қан шығу.*

**ҚАНА[2]=** е т. *Тегін пайда табу, біреудің еңбегін жеу.*

**ҚАНАҒАТ** [ар. قناعت ] з а т. **1.** *Тойымдық, нысап, барға ризалық.* **2.** д і н и. *Алла тағаланың бергеніне шүкіршілік етушілік, нәпсіге ермеу.* **3.** *Жетеді, жеткілікті деген мағынада.*

**Қанағат алды.** *Ләззаттанды, рақаттанды, мейірленді.* **Қанағат емес.** *Бұйым емес, жұмырына жұқ болмайды.* **Қанағат етті [жасады, қылды].** *Барға риза болды, қанағаттанды, місе тұтты.* **Қанағат көрмеді.** *Місе тұтпады, олқысынды, қомсынды.* **Қанағатқа қамшы ұрды.** *Күш берді, рухтандырды, сілкіндірді.* **Қанағат тапты.** *Ләззат алды, көңілі көншіді, тоятты.* **Қанағат тұтты.** *Қанағат етті, місе тұтты.* **Қанағат тұту.** *Қанағат ету, місе ету.*

**ҚАНАҒАТСЫЗ** с ы н. **1.** *Тойымсыз, нысапсыз.* **2.** *Ашқарақ, қомағай.*

**ҚАНАҒАТСЫЗДЫҚ** з а т. *Тойымсыздық, нысапсыздық, болған үстіне бола берсін деушілік.*

**ҚАНАҒАТТА=** е т. с ө й л. ***Қанағаттан.***

**ҚАНАҒАТТАН=** е т. **1.** *Қанағат алу, тояттау.* **2.** *Місе тұту, риза болу.* **3.** *Шектеу, тоқталу.*

**ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ** с ы н. **1.** *Жарамды, іске татырлық, көңіл тоярлық.* **2.** п е д. *Жақсыдан төмен, жаманнан жоғары; орташа үштік (баға).*

**ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚСЫЗ** с ы н. **1.** *Жарамсыз, іске алғысыз, көңіл тоярлықтай емес.* **2.** п е д. *Нашар, жаман (баға), екілік.*

**ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚТАЙ** с ы н. *Көңіл тоярлықтай.*

**ҚАНАҒАТТАНҒАНДЫҚ** с ы н. *Көңіл тойғандық, жарамды деп танығандық.*

**ҚАНАҒАТТАНҒЫСЫЗ** с ы н. **1.** *Көңіл тоярлықтай емес, жарамсыз.* **2.** п е д. *Нашар, жаман, екілік (баға).*

**ҚАНАҒАТТАНДЫР=** е т. **1.** *Риза ету, көңілден шығу, өтеу, орындау.* **2.** *Жету, жеткілікті болу.*

**ҚАНАҒАТТАНДЫРУ** *Қанағаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛ=** е т. *Риза етілу, орындалу.*

**ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛУ** *Қанағаттандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАҒАТТАНУ** *Қанағаттан етістігінің қимыл атауы; місе тұту, қанағат ету.*

**ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ** з а т. *Риза болушылық, көңіл тоюшылық.*

**ҚАНАҒАТТЫ** с ы н. *Қанағат боларлық, қанағаттанарлық.*

**ҚАНАҒАТШЫЛ** с ы н. *Қанағат еткіш, місе тұтқыш, барға риза болғыш.*

**ҚАНАҒАТШЫЛЫҚ** з а т. *Адамның барға риза болуын, місе тұтуын, нысаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіретін ұғым.*

**ҚАНАҒАТШЫЛДЫҚ** з а т. *Місе тұту-шылық, барға риза болушылық.*

**ҚАНАҒЫШ** с ы н. *Біреудің еңбегін пайдаланғыш, тегін пайда тапқыш.*

**ҚАНАҒЫШТЫҚ** з а т. *Біреудің еңбегін сорушылық; тегін пайда тапқыштық, пайдакүнемдік.*

**ҚАНАДИЛ** з а т. е с к і к і т. *Шам, шырағдан, шырақ, аспашам.*

**ҚАНАЗА** з а т. е с к і к і т. ***Жатыр.***

**ҚАНАЗДЫҚ** з а т. м е д. <грек. an – сыз, сіз емес, haima – қан> *Қанның жалпы мөлшері мен қызыл түйіршіктерінің және олардағы ерекше заттың – гемоглобиннің кемуі, азаюы.*

**ҚАНАЛ=** е т. *Қанауға түсу, біреуге жем болу.*

**ҚАНАЛА=** е т. *Өсімдік дәнінің қауызынан ажырап-бөлінуі.*

**ҚАНАЛА=** е т. *Қаншықтың үйлығуы.*

**ҚАНАЛУ** *Қанал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАЛУШЫ** з а т. *Біреуге жем болушы, езілуші.*

**ҚАНАП: көңілдің қанабы.** *Көңілдің, жүректің түкпірі.*

**ҚАНАР** з а т. *Астық, мақта, жүн салуға арналған, кенептен тігілген үлкен қап.*

**ҚАНАРДАЙ** с ы н. *Қанар сияқты; үлкен, кең.*

**ҚАНАР-ҚАНАР** з а т. *Көп қанар, қап-қап; көп, мол.*

**ҚАНАРЛА=** е т. *Қанар-қанар етіп толтыру.*

**ҚАНАТ** з а т. **1.** *Құстардың, жәндіктердің ұшу қызметін атқаратын мүшесі.* **2.** а н а т. т е р м. <лат. alae> *Құс және шыбын-шіркей сияқты жәндіктердің ұшу қызметін атқаратын дене мүшесі, жануарлардың ұшу органы.* **3.** а н а т. *Балықтың жүзу қызметін атқаратын дене мүшесі.* **4.** *Ұшақтың көтеріліп, ұшып-қонуына қажетті құс қанаты тәріздес негізгі бөлігі.* **5.** ә с к. *Әскер шебінің екі жақ (оң мен сол) шеттері; қаптал, фланг.* **6.** *Арба-шананың немесе басқа бір заттың үстін кеңейту үшін бекіткен ағаш.* **7.** э т н. *Киіз үйдің әрбір керегесі мен шиі.* **8.** *Белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы.* **9.** а у ы с. *Сенімді серік, арқа сүйер таяныш, тірек.* **10.** а у ы с. *Қолы, құшағы.*

**Қанат берді.** *Дем берді, жігерлендірді.* **Қанат болды.** *Серік, сүйеу болды.* **Қанат бүкті.** *Қонды.* **Қанат бітті.** а) *Көңілі алып ұшты, көкке көтерілгендей болды.* ә) *Қарқын алды, шабыттанды.* **Қанат бітірді.** *Шабыттандырды, рухтандырды, демеп, шабыт берді.* **Қанат жазды.** а) *Еркінсіді, бой жазды.* ә) *Белгілі болды, танылды, ауызға ілінді.* **Қанат жаю.** *Даму, өркендеу.* **Қанат қақты.** а) *Ұшуға талпынды; ұшты.* ә) *Жарыққа шықты, әйгілі болды, жұртқа тарады.* б) *Танымал болды, діттегеніне жетті.* **Қанат салу.** с а я т. *Бүркіттің ұябасары мен шәулісінің бірін-бірі қуалап, жоғары шарықтап, төмен құлдилап ойнайтын құйтойнағы.* **Қанат сермеді.** а) *Ұшты.* ә) *Шарықтады, қарыштады.* **Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді.** *Ешкімге тигізбеді, жан-тәнімен бағып-қақты, қорғады.* **Қанаты бекіді [қатайды].** *Ер жетті, бойы өсіп, бұғанасы қатты.* **Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ.** *Мінсіз, кемістіксіз еш нәрсе болмайды деген мағынада.* **Қанаты қайырылды.** *Тауы шағылды, мысы құрыды.* **Қанаты қатқан.** *Балапанның көк қауырсын-нан кейінгі ұшуға талпынған кезі.* **Қанаты қатпаған.** *Әлі есейіп жетпеген, балғын.* **Қанаты қырқылды.** *Тауы шағылды, беті қайтты.* **Қанатымен су септі.** *Аздап болса да шарапатын тигізді.* **Қанатымен ұшып, құйрығымен қонды.** *Сүйемелдейтін жақындары, аға-іні, баласы бар кісіні айтады.* **Қанатына [қанатының астына] алды.** *Қамқорлық жасады, пана болды.* **Қанатын делдитті.** *Қанатын жайды.* **Қанатын жайды.** а) *Екі қолды созып жіберді.* ә) *Кеңейді, көбейді.* б) *Өрістеді, өркендеді.* в) *Кеңінен таралды, көпке жайылды.* г) *Қаптады, қоршап алды.* **Қанатын қиды [кесті, қырықты].** *Сорлат- ты, сорын қайнатты, қадамын, өрісін қысқартты.* **Қанатын қомдады.** а) *Ұшуға ыңғайланды, қанатын көтерді.* ә) *Талаптанды, ілгері ұмтылды.* б) *Дайындалды, әзірленді, сайланды.* **Қанатын қомдырды.** *Ынталандырды, күш-жігер берді, демеу болды.* **Қанатының астына тықты.** *Қорғаштады, қорғады.* **Қанаты талды.** а) *Күс болдырып ұша алмай қалды.* ә) *Шаршап-шалдықты, қажыды.*

**ҚАНАТ=** е т. **1.** *Жарақат алу, денеге зақым келтіру.* **2.** *Қан ағызу.* **3.** *Қан шығару.*

**ҚАНАТЖАПЫРАҚ** з а т. б о т. *Қырыққұлақтың жапырақтан гөрі бұтаққа көбірек ұқсайтын, тақтасы бірнеше қайтара салаланып күрделіленген, ұшынан шексіз өсе беретін өте ірі жапырағы.*

**ҚАНАТЖЕМІС** з а т. ө с. <лат. thlaspi> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдік.*

**ҚАНАТ-ҚҰЙРЫҚ** з а т. **1.** *Құстың қанаты мен құйрығы.* **2.** *Сүйеніш, тірек.*

**Қанат-құйрық болды.** *Бір-бірін сүйеніш етті, тірек қылды.*

**ҚАНАТСЫЗ** сын. **1.** *Қанаты жоқ, қанаты болмаған.* **2.** ауыс. *Сүйенері, сенері жоқ, үмітсіз.*

**ҚАНАТСЫЗДАР** зат. зоол. <лат. apterygota> *Жәндіктер класының класс тармағы.*

**ҚАНАТТА=** ет. қолөнер. *Қанат-қанат етіп тігу.*

**ҚАНАТТАЙ** сын. *Қанат сияқты, қанат тәрізді.*

**ҚАНАТТАН=** ет. **1.** *Қанат біту, қанат өсіп шығу.* **2.** ауыс. *Өсіп жетілу.* **3.** ауыс. *Шабыттану, рухтану, жігерлену.*

**ҚАНАТТАНДЫР=** ет. *Қанат бітіру, рухтандыру, жігерлендіру.*

**ҚАНАТТАНДЫРУ** *Қанаттандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жетілдіру, дамыту.* **2.** *Тәрбиелеу, жетекшілік жасау.* **3.** *Жеткізу, аяғынан тұрғызу.*

**ҚАНАТТАНУ** *Қанаттан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қанат біту.* **2.** ауыс. *Өсіп-жетілу.*

**ҚАНАТТАС** сын. **1.** *Іргелес, көршілес, жалғас.* **2.** *Қатарлас, тұстас, замандас.*

**ҚАНАТТАС=** ет. **1.** *Шектесу, жалғасу, іргелесу.* **2.** *Қатарласу, жарысу.*

**ҚАНАТТАСТЫҚ** зат. *Іргелестік, шектестік, көршілестік.*

**ҚАНАТТАСТЫР=** ет. *Қанаттас, іргелес, қатар орналастыру, жайғастыру.*

**ҚАНАТТАСТЫРУ** *Қанаттастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАТТАСТЫРЫЛ=** ет. *Қабаттастыра, қапталдастыра орналастырылу.*

**ҚАНАТТАСТЫРЫЛУ** *Қанаттастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАТТАСУ** *Қанаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНАТТЫ** сын. **1.** *Қанаты бар, қанат жасалған; қоршауы бар.* **2.** ауыс. *Талапты, жігерлі.*

**Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай.** *Ешбір жәбір-жапа көрсеттірмей, қиянат жасатпай, қорғаштап; аялап бағып-қағып.* **Қанатты жәндіктер.** зоол. <лат. pterygota> *Жәндіктер табының бір тап тармағы.* **Қанатты зымыран.** әск. *Бір рет қолданылатын, ұшқышсыз қанатты ұшу аппараты.* **Қанатты ит.** миф. *Жүйрік тазыда көрінбейтін қанат болады деген нанымнан шыққан мифтік хайуан.* **Қанатты сөз.** әдеб. *Нысаналы ойға дәл тиетін, жалпы қолданысқа енген бейнелі сөз, тұжырымды ой, әуезді ұйқасқа құрылған өрнекті сөз тіркестері.*

**ҚАНАТТЫҚ** сын. *Қанат боларлық, қанатқа жарарлық.*

**ҚАНАТУ** *Қанат етістігінің қимыл атауы; қанын шығару, жаралау, қанын ағызу.*

**ҚАНАТША**[1] зат. **1.** тех. *Кішірек қанат сияқты мәшиненің бөлшегі.* **2.** бот. *Кішкене қанатқа ұқсас өсімдік тұқымының бір бөлігі.*

**ҚАНАТША**[2] үст. *Қанат сияқтанып, қанатқа ұқсап.*

**ҚАНАУ** *Қана етістігінің қимыл атауы; біреудің еңбегін оның еркінен тыс пайдалану.*

**ҚАНАУСЫЗ** сын. *Біреудің еңбегін пайдаланбайтын, қанау жоқ.*

**ҚАНАУШЫ** зат. *Біреудің еңбегін қанау арқылы пайда табушы өндіріс орны, жеке тұлға.*

**ҚАНАУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Біреудің еңбегін қанау арқылы пайда табушылық.* **2.** экон. *Өндіріс орындары иелерінің басқа біреудің еңбегіне қиянат жасауы, оның өнімін зорлықпен иемденуі.*

**ҚАНҒЫЗ=** ет. *Шөлін қандыру; құмардан шыққызу.*

**ҚАНҒЫЗУ** *Қанғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНДА=** ет. *Қанға бояу, қанға батыру.*

**ҚАНДАЙ** есім. **1.** *Бір нәрсенің түр-түсін, сапасын, түрлі белгілерін білу үшін қойылатын сұрау сөз.* **2.** *Ерекше таңданып-таңырқаушылықты білдіретін керемет, өте, тым деген мағынадағы сөзқолданыс.* **3.** *Кез келген.* **4.** *Белгілі бір істің нақ болғандығын, дұрыстығын, растығын күшейту үшін айтылады.*

**Қандай да болсын.** *Кез келген, әрбір.* **Қандай заман күн болды.** *Басқа түскен қиын-қыстау тірлік мағынасында.* **Қандай кесел келгенін.** *Не қара басқанын, не болғанын деген мағынада.* **Қандай керемет.** *Қандай ғанибет.* **Қандай шараң бар?** *Амал жоқ, амалсыз.*

**ҚАНДАЙ-ҚАНДАЙ** есім. **1.** *Бір нәрсенің түр-түстерін, сапаларын, белгілерін білдіру үшін қойылатын сұрау.* **2.** ауыс. *Түрлі-түрлі, сан қилы, әрқилы деген мағынада.*

**ҚАНДАЙЛЫҚ** зат. **1.** *Қалай болушылық, қандай екендік.* **2.** сөйл. ***Қандай.***

**ҚАНДАЙЛЫҚТЫ** сын. сөйл. ***Қанша-лықты.***

**ҚАНДАЙША** есім. сөйл. *Қандай, қалай.*

**ҚАНДАЙЫН** есім. поэт. ***Қандай.***

**ҚАНДАҚ** зат. көне. *Қазылған ор, апан.*

**ҚАНДАЛ=** ет. *Қанға боялу, қан болу.*

**ҚАНДАЛА** зат. **1.** *Адам қанын сорып тіршілік ететін паразит.* **2.** терм. зоол. <лат. hemiptera> *Өсімдік қабығында, жапырағында болатын, денесі сопақша, жартылай қатты қанатты жәндік.*

**ҚАНДАЛАША** үст. *Қандалаға ұқсап, қандала сияқтанып.*

**ҚАНДАЛАШӨП** зат. өс. <лат. cimicifuga> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ҚАНДАЛМА** зат. көне. *Қандас, бауыр.*

**ҚАНДАЛУ** *Қандал етістігінің қимыл атауы; қан болу, қанға бату.*

**ҚАНДАН=** ет. *Қан болу, қанға боялу.*

**ҚАНДАНДЫР=** ет. *Қанға батыру, қанға малу.*

**ҚАНДАНДЫРУ** *Қандандыр етістігінің қимыл атауы; қанға батыру, қанға малу, қан ету.*

**ҚАНДАНУ** *Қандан етістігінің қимыл атауы; қанға боялу.*

**ҚАНДАС** сын. **1.** *Шығу тегі бір, бауырлас. // Бауырлас, туыс адам. // Қандастық, туыстық, бауырластық.* **2.** *Қанды көйлек, майдандас. // Қанды көйлек дос, майдандас жолдас. // Бірге соғысқан майдандас болған жауынгер досына (достарына) қарата айтылған жақын тарту мәніндегі атауыш сөз.*

**Қандас құдалық.** этн. *Туыстас, түбі, тегі бір отбасылардың қыз алысып, қыз берісуі.*

**ҚАНДАС=** ет. *Кескілесе шайқасу, жанталаса күресу.*

**ҚАНДАСТЫҚ** зат. *Қандас болушылық.*

**ҚАНДАСТЫР=** ет. *Туыстастыру, серт арқылы, қан арқылы жақындастырып, туыстастыру.*

**ҚАНДАСТЫРУ** *Қандастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНДАСУ** *Қандас етістігінің қимыл атауы; айқасу, кескілесе шайқасу.*

**ҚАНДАТ=** ет. *Қырғын салу, өлтіру, қанға бөктіру.*

**ҚАНДАТТЫР=** ет. *Қырып-жойғызу, өлтірту.*

**ҚАНДАТТЫРУ** *Қандаттыр етістігінің қимыл атауы; қырып-жойғызу, қырғын салғызу.*

**ҚАНДАТУ** *Қандат етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, қырғын салу.*

**ҚАНДАУ** *Қанда етістігінің қимыл атауы; қан жағу, қанға бояу, қан ету.*

**ҚАНДАУЫР**[1] зат. этн. *Деneden қан алуға арналған ұшкір кішкене пышақ.*

**ҚАНДАУЫР**[2] зат. өс. <лат. odontites> *Ауылшаруашылық дақылдарына үлкен зиян келтіретін жартылай паразит өсімдік, сабынкөк тұқымдасының бір туысы.*

**Қандауыр айрауық.** өс. <лат. calamagrostis lanceolata> *Астық тұқымдасы, айрауық туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАНДАУЫРША** зат. зоол. *Бассүйекcіздер типі тармағына жататын басжелілер табының туысы.*

**Қандауырша тәрізділер.** зоол. <лат. amphioxiformes> *Хордалы жануарлардың бассүйекcіздер типі тармағының жалғыз отряды.*

**ҚАНДЕЛ**[1] [франц. candelabre] зат. *Бірнеше балауызшамға арналған аспалы шамдал.*

**ҚАНДЕЛ**[2] зат. *Балауыз шамын орнататын арнаулы қондырғы; шырағдан.*

**ҚАНДЕК**[1] зат. көне. **1.** *Қолдан қазылған шұқыр ор.* **2.** *Ор, жыра.*

**ҚАНДЕК**[2]: **қандек ит.** *Қанден, бойы аласа, кішкене ит.*

**ҚАНДЕН** зат. **1.** *Бойы аласа, кішкене ит.* **2.** ауыс. *Аяқтан шалып, етектен тартушы (адам).*

**ҚАНДЫ** сын. **1.** *Қаны көп, қаны сорғалаған, қан араласқан.* **2.** *Қан төгілген.*

**Қанды ажал [өлім].** *Қан кешкен, қан төгілген.* **Қанды айқас [соғыс].** *Кескілескен ұрыс, шайқас.* **Қанды арқан.** экспр. *Дар ағашына байланған немесе кісі өлтіруге арналған жіп.* **Қанды асу [соқпақ].** *Қасіретті қайғыға ұшыратқан жол.* **Қанды балақ.** а) *Аң ұстағыш (қыран).* ә) *Жырынды, әккі, зорлықшыл, озбыр (адам туралы).* **Қанды балақ қарақшы [қорқау, ұры].** *Қан төгіп, ұрлық қылатын адам.* **Қанды балақ ұры.** *Сойыл, білек күшіне мықты, кәнігі тісқаққан ұры.* **Қанды басың бері тарт!** этн. *Қолыма ілін, «қармағыма түс» деген мағынада айтылады (бұл фразаны, көбіне, жол тосқан жортуылшы, аңшы, мерген т. б. айтады).* **Қанды ет.** *Аңның еті, шикі ет; қансоқта.* **Қанды жас.** *Зәбір-жападан, қайғы-қасіреттен шыққан ағыл-тегіл көз жасы.* **Қанды жорық.** *Жойқын соғыс, қырып-жойған шабуыл.* **Қанды жосық.** *Қиын-қыстау, қиямет қырғын.* **Қанды кек.** *Патриархалды-рулық қоғамда қалыптасқан кісі өлімін тек айыптыны өлті-румен өтейтін әдет; қанды қанмен қайтару.* **Қанды көбік.** *Қан араласқан көбік.* **Қанды көбік жұтқызды.** *Ойран салды, қырып-жойды, сазайын тартқызды, тәубесіне келтірді.* **Қанды көбік жұтқызу.** *Қанға бөктіру, қан қақсату.* **Қанды көз.** а) *Қан жылаған сұсты көз.* ә) *Алғыр қыран құс туралы айтылады.* б) *Қара ниет, қанқұйлы.* **Қанды көзді.** ***Қанды көз*** *(алғыр қыран құс туралы).* **Қанды көйлек.** *Ең жақын, жанқияр.* **Қанды көйлек жолдас [дос].** *Жорықта бірге болған, майдандас.* **Қанды көйлек жау [қарақшы].** *Жақын адамын өлтірген дұшпан.* **Қанды көйлек киісті.** *Майдандас жолдас болды, бірге соғысты.* **Қанды күн.** *Қасіретті күн, заман.* **Қанды қақпан.** *Алдап, арбайтын, айла-шарғы; тор, тұзақ.* **Қанды қалпақ киді.** *Көрместей боп араздасты (бұл жерде бірінің басын бірі жарып, қан төгісуге дейін барған дау-жанжал, ұрыс-керіс туралы).* **Қанды қанмен жуды.** *Ашу-кекті қанмен қайтарды.* **Қанды қиян.** *Қасіретті аймақ, су жағасы деген мағынада.* **Қанды қол.** а) *Жауыз, қанішер.* ә) *Қарақшы.* **Қанды майдан.** *Қырғын соғыс.* **Қанды мойын.** *Жазалы, қылмыскер, құнылкер.* **Қанды тырнақ [шеңгел].** *Ескі жау, қанқұйлы дұшпан.* **Қанды ұрыс.** *Қан майдан, қиян-кескі шайқас, төбелес.* **Қанды шелек.** сөйл. *Қанды балақ ұры, әйгілі «баукеспе», «сары тоқым» ұры, қанды балақ қарақшы.*

**ҚАНДЫАҒАШ** зат. өс. <лат. alnus> *Биіктігі 20 – 30 м-дей, қабығы қара қоңыр, сүрегі жеңіл, қызыл түсті, жалпақ жапырақты ағаш.*

**ҚАНДЫАУЫЗ** сын. **1.** *Ұстаған аңын жібермейтін; жебір. // Қора аңдыған жебір қасқыр. //Ұстаған аңын жібермейтін мықты қақпан.* **2.** ауыс. *Ел жегіш, парақор, жемқор. // Жемқор, ел жегіш адам.* б) *Мылтық, қару.*

**ҚАНДЫГҮЛ** зат. өс. <лат. pedicularis> *Қансигек (сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ҚАНДЫҚ** зат. өс. <лат. eruthronium> *«Иттіс» аталатын өсімдік.*

**ҚАНДЫҚ** зат. өс. *Сібірдің қылқан жапырақты орман алқаптары мен Шығыс Қазақстанның тау шалғындарында өсетін, биіктігі 10-20 см-дей, көпжылдық жуашықты (пияздықты) өсімдік.*

**ҚАНДЫҚОЛ** сын. *Кісі өлтірген, құнықер. // Кісі өлтірген адам.*

**ҚАНДЫМ** зат. *Шөл далада өсетін бұта тектес ағаш.*

**ҚАНДЫР=** ет. **1.** *Құмарынан шығару.* **2.** *Батыру.*

**ҚАНДЫРТ=** ет. *Құмарынан шығартқызу, бір нәрсеге тояттатқызу.*

**ҚАНДЫРТУ** *Қандырт етістігінің қимыл атауы; құмарынан шығарттқызу, тояттатқызу.*

**ҚАНДЫРУ** *Қандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сусындау, шөлін басу.* **2.** *Құмарынан шығу, тояттау.*

**ҚАНДЫРЫС=** ет. *Құмарынан шығысу.*

**ҚАНДЫРЫСУ** *Қандырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНДЫШӨП** зат. өс. <лат. sanguisorba> *Сиырсілекей, шабындықта өсетін көпжылдық шөп.*

**ҚАНДІЛ** зат. ескікіт. *Шырақ, шам.*

**ҚАНЕ** есім. *Біреуден бір нәрсе жайында пікір білгісі келгенде немесе тілек етіп сұрағанда қойылатын сұрау сөз.*

**ҚАНЕКИ** есім. *Қане деген мағынада айтылатын сұрау сөз.*

**ҚАНЖАПЫРАҚ** зат. *Дала шөбінің бір түрі.*

**ҚАНЖАР** зат. *Белге байлап жүретін екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жарақат салатын ұшы ұшкір өткір қару.*

**Қанжардың жүзін сүйді.** *Серттескендігін, уәделескендігін бекіту үшін қанжардың жүзін сүйіп, қимыл ишаратын жасады.*

**ҚАНЖАРДАЙ** сын. *Қанжар сияқты; өткір, ұшкір.*

**Қанжардай қадалды.** *Қатты әсер етті; шаншылды.*

**ҚАНЖАРДАЙЫН** сын. поэт. ***Қанжар-дай.***

**ҚАНЖАРЛА=** ет. *Қанжар салу, сұғу.*

**ҚАНЖАРЛАС=** ет. *Қанжармен түйресу, шайқасу, айқасқа түсу.*

**ҚАНЖАРЛАСУ** *Қанжарлас етістігінің қимыл атауы; қанжармен түйресу, шайқасу, айқасқа түсу.*

**ҚАНЖАРЛАУ** *Қанжарла етістігінің қимыл атауы; қанжармен түйреу, жаралау, қанжар салу.*

**ҚАНЖАРЛЫ** сын. *Қанжары бар, қанжар ұстаған.*

**ҚАНЖАРША** үст. *Қанжарға ұқсап, қанжар сияқтанып.*

**ҚАН-ЖОСА** сын. *Қып-қызыл қанға боялған, қан-қан.*

**ҚАНЖУАР** зат. этн. көне. *Қылмыскердің марқұм болған адамға берген құны.*

**ҚАНЖЫҒА** зат. этн. *Ер қапталының артқы жағынан өткізілген, бөктерген заттарды байлайтын ұзынша таспа қайыс бау.*

**Қанжығаға байлады [бөктерді].** а) *Қанжығаға бекітіп алды.* ә) бейн. *Билеп алды, баурап алды.* б) *Сыйға тартты, сыйлады.* в) *Олжалады, жеңді.* **Қанжығаға байланды [қанжығада кетті]** а) *Қанжығасына бекітілді* [*Көне салт бойынша аңшы немесе жауын шапқан батыр қолға түсірген олжасын өз жеңісінің көрінісі ретінде қанжығаға байлап әкелген*]. ә) *Ықпалында кетті; шылауында кетті; жаудың олжасына айналды.* **Қанжығаға қанды басты байлады.** *Жауды жеңді, жауыздан кек алды.* **Қанжығада жүрді.** а) *Жанында бірге болды, қасында жүрді.* ә) *Тәуелді болды, ықпалында болды.* **Қанжығада көрісті [кездесті].** *Қысылтаяң, егесті жерде жолықты.* **Қанжығадан қан кешті.** *Аянбай жауласты, кескілесіп соғысты.* **Қанжығаға қағысты.** *Соғысты, ұрысты.* **Қанжығалас болды.** *Бірге болды, алыс-берісі бар үзеңгілес болды.* **Қанжыға майланды [қанданды].** *Олжалы болды (аңшының сәтті сапары туралы айтылады).* **Қанжығаң қан болсын.** тілек. алғыс. *Жауға өктем болу, дұшпанды жеңіп шығу мағынасында.* **Қанжығаң құтты болсын.** алғ. *Жаудан олжалы оралғайсың деген мағынадағы сөз.* **Қанжығаң майлана берсін [майлансын].** тілек. *Табысқа кенел, олжалы бол деген мағынадағы тілек сөз.* **Қанжығаң майлансын [қандансын].** тілек. *Аң көп ілінсін, олжалы бол.* **Қанжығасы құрғамады.** *Аңнан үнемі олжалы қайтты, бос келген күні болмады; аң-құс алып, олжалы болды.* **Қанжығасы майланды.** а) *Аңға шыққан адамға олжа ілікті.* ә) *Олжаға кенелді, табыс түсті.* **Қанжығасына қыстырылды.** *Біреуге олжа болды; иелігінде кетті.* **Қанжығасынан қан аққан ұры.** *Қандықол кәнігі жылқы ұрысы.* **Қанжығасында кетті [жүрді].** а) *Біреуге жем болды, олжаланды.* ә) *Ықпалында, шылауында болды.* **Қанжығасын қандады.** *Жауды ойсырата жеңді, қырды.*

**ҚАНЖЫҒАЛА=** ет. *Жағаласу, қапталдасу, қатарласу.*

**ҚАНЖЫҒАЛАС** сын. **1.** *Жорықтас; майдандас.* **2.** *Қатарлас, тұстас, теңдес.*

**Қанжығалас болды.** *Бірге жүріп, үзеңгілес, жорықтас болды.*

**ҚАНЖЫҒАЛАС=** ет. **1.** *Қатарласып қалмау, үзеңгілесіп жүру.* **2.** *Теңесу, жарысу.*

**ҚАНЖЫҒАЛАСУ** *Қанжығалас етістігінің қимыл атауы; үзеңгілес болу, теңесу, жарысу .*

**ҚАНЖЫҒАЛЫ** сын. *Қанжығасы бар, қанжыға тағылған.*

**ҚАНЖЫҒАЛЫҚ** зат. **1.** *Қанжыға таспасын өткізетін ердің екі қапталындағы тесік.* **2.** *Қанжыға тағылған тұс, қанжыға жақ.*

**ҚАНЖЫЛЫМ** сын. *Ыстық емес, жылы, жылымшы (су).*

**ҚАН-ЖЫН** зат. *Сойылған малдың ішінен шыққан артық заттар.*

**Қан-жыны араласқан.** а) *Бірін-бірі жақсы білетін, сыр мінез, танымал; сүйек шатыс, қарым-қатынасы, алыс-берісі бар.* ә) *Арам ниеттес.* **Қан-жынын төкті.** *Аузына келгенін айтты, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты.*

**ҚАНЗҰТ** сын. көне. *Қанқұйлы, жауыз.*

**ҚАНКӨБЕЛЕК** зат. зоол. <лат. pyraloidae> *Жануарлар таксономиялық категориясында қанкөбелек тұқымдас тобына жататын көбелектердің ортақ атауы.*

**ҚАН-ҚАН** сын. *Қан басқан, қан жұған, қанға боялған.*

**ҚАНҚОР** сын. *Қанішер, қан төгіссіз жүре алмайтын адам.*

**ҚАНҚОРЛЫҚ** зат. *Қанішерлік, қанып-езерлік.*

**ҚАНҚҰЙЛЫ** сын. *Қанып-езер, жауыз.*

**ҚАНҚҰМАР** сын. *Қанқұйлы, қанып-езер, жауыз.*

**ҚАНҚҰРТ** зат. мед. *Қызыл иек қарақошқылданып ісіп кететін тіс ауруы.*

**ҚАНҚЫЗ** зат. зоол. <лат. coccinelidae> *Жәндіктер тобы, қаттықанаттылар отрядына жататын жыртқыштар тұқымдасының аралас қоректі қоңыздарының бір түрі.*

**ҚАНЛҰМ** зат. ескікіт. *Өшігіп жүрген адам.*

**ҚАННЕН-ҚАПЕРСІЗ** сын. *Ешбір алаңсыз, қамсыз, бейқам.*

**ҚАНОЙНАҚ** зат. *Үйірдегі күйлеген байталдың ойнақ салуы.*

**ҚАН-СЕЛ: қан-сел болды.** *Қаны судай ақты, көл-көсір болды.*

**Қан-сел етті.** *Қанын судай ағызды, көл-көсір етті.*

**ҚАНСИГЕК** зат. сөйл. ***Қандыгүл*** (*таулы аймақтың ылғалды жерлерінде өсетін, гүл шоғы масақ тәрізді шөп*).

**ҚАНСОҚТА[1]** зат. этн. тамақ. *Жаңа сойылған малдың таза қанына ішмай, аздаған ет, дән қосып, тұздықтап, бүйенге салып пісірген шұжық.*

**Қансоқта жол.** *Жауын-шашыннан езіліп, жентектеліп, миы шығып жатқан жол, сүрлеу; машақатты, ауыр жол.* **Қансоқта болды.** *Қызылға (етке) кенелді.*

**ҚАНСОҚТА[2]** зат. этн. саят. *Қыран құсты дәніктіру үшін өзі алған аңының етінен жылыдай жегізген жем.*

**ҚАНСОНАР** зат. *Жаңадан қар түскеннен кейінгі аң іздерін кесуге мүмкіндік беретін кезі.*

**ҚАНСОРҒЫШ** зат. 1. зоол. *Адамның, малдың, құстың қанымен қоректенетін қос қанатты насекомдар.* 2. *Қанаушы, кісі еңбегімен күн көруші.*

**ҚАН-СӨЛ: бетінде қан-сөл жоқ [қашқан].** *Сұп-сұр, жүдеу.*

**Қан-сөлден айырылды.** *Әбден жүдеді, түсі бұзылды.* **Қан-сөлін сорды.** *Елді тоздырды, әл-а уқатынан айырды.*

**ҚАН-СӨЛСІЗ** сын. *Құп-қу, жүдеу, арық.*

**ҚАНСҮРЕК** сын. *Қанқұйлы, қанішер.*

**ҚАНСЫ=** ет. сөйл. *Қан көп кетіп әлсіздену, қансырау, әлсіреу.*

**ҚАНСЫЗ** сын. **1.** *Қаны жоқ.* **2.** ауыс. *Сұп-сұр, жүдеу.*

**Қансыз бет.** *Бозарған, сұп-сұр болып көгерген түр.*

**ҚАНСЫЗДАН=** ет. **1.** *Қаны азаю, қаны таусылу.* **2.** ауыс. *Сұрлану, қаны қашу, құқыл тарту.*

**ҚАНСЫЗДАНУ** *Қансыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНСЫЗДАУ** сын. *Сұрғылттау, құқыл.*

**ҚАНСЫЗДЫҚ** зат. *Қаны азайып кемушілік, қаны жоқтық.*

**ҚАНСЫРА=** ет. **1.** *Қан көп кетіп талықсу, әлсіреу.* **2.** ауыс. *Қайғы-қасіретке бату, күйзелу.*

**ҚАНСЫРАТ=** ет. *Қанын ағызу, әлсірету.*

**ҚАНСЫРАТУ** *Қансырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНСЫРАУ** *Қансыра етістігінің қимыл атауы; қан кету, қаны азаю.*

**ҚАНСІМІР** зат. миф. *Қазақ халқының наным-сенімі мен ауыз әдебиетінде сақталған, қан соратын жағымсыз кейіпкер.*

**ҚАНСІМІРГІШТІК** зат. миф. *Көптеген халықтар мифологиясындағы қансімірдің (обырлардың) қансорғыштық қасиеті.*

**ҚАНСІҢДІ** сын. *Жастайынан қанға сіңген, әдетке айналған.*

**ҚАНТ** зат. <грек. sakchar> *Қант қызылшасы мен борық қамыстан жасалатын ақ түсті, кристалды тәтті зат.*

**Қант диабеті.** мед. <грек. diabetes> ***Сусамыр*** (*ағзадағы зат алмасуының бұзылуынан болатын ауру*). **Қант қызылшасы.** өс. <лат. beta vulgaris> *Қызылша туысына жататын екіжылдық бағалы техникалық дақыл.* **Қант өнеркәсібі.** *Қант өндіру ісімен айналысатын тамақ өнеркәсібінің саласы.* **Қант шаққыш.** *Қант, науат сияқты қатты заттарды шағатын тістеуік.*

**ҚАНТАЛА=** ет. **1.** *Қан тамырларының зақымдануынан, жарылуынан көз бен дененің қатты қызаруы, қан жиналуы.* **2.** ауыс. *Көзін сату, құмарту, есі кету.*

**ҚАНТАЛАТ=** ет. *Қан тамырларын зақымдау, көз бен дененің соққы мен қысымнан қызарып кетуі.*

**ҚАНТАЛАТУ** *Қанталат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНТАЛАУ** *Қантала етістігінің қимыл атауы. // Қан тамырларының зақымдалуынан болған көз бен дененің қатты қызару үдерісі.*

**ҚАНТАМЫР** зат. анат. <лат. vasa sanguinea> *Жүрек-тамыр жүйесіне жататын түтікше мүше.*

**ҚАНТИЯР** зат. өс. *Бозшағыл өсімдігінің бір түрі.*

**ҚАНТӨГІС** зат. *Соғыс, қырғын.*

**Қантөгіске барғызды.** *Соғысты, кісі өліміне әкелгізді.*

**ҚАНТСЫЗ** сын. *Қанты жоқ; қант салынбаған.*

**ҚАНТТАЙ[1]** үст. *Қант сияқты.*

**ҚАНТТАЙ[2]** сын. сөйл. *Тап-таза, жып-жинақы.*

**ҚАНТТАН=** ет. *Қантқа айналу, қант тату.*

**ҚАНТТАНУ** *Қанттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАНТТАР** зат. хим. *Барлық өсімдіктер ұлпаларында (құрғақ салмағының 80 пайызына дейін) және аздап жануарлар ағзасында болатын органикалық қосылыстар.*

**ҚАНТТЫ** сын. *Қанты бар, қанты көп.*

**ҚАНТТЫЛЫҚ** зат. терм. *Құрамында қанты көптік.*

**ҚАНТҮБІТ** зат. саят. *Екі жасар бүркіт.*
**ҚАНТҮЗУ** зат. мед. *Қан жасушаларының түзілу үдерісі, реті.*
**Қантүзу мүшелері.** анат. <лат. organa haemopoetica> *Қан жасушалары түзілетін мүшелер.*
**ҚАНТ-ШАЙ** зат. *Шай жабдығына қажетті заттар.*
**ҚАНТ-ШАЙЛЫҚ** сын. *Қант және шайға жарарлық.*
**ҚАНТЫШҚАҚ** зат. вет. *Кейбір аурулардың әсерінен малдың нәжісіне қан араласып келуі.*
**ҚАНУ** *Қан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шөлін басу, сусындау.* **2.** *Қандай да бір істен жан-жақты хабардар болу, жетік білу.* **3.** *Қанағаттану, тояттау.*
**ҚАНҰН** зат. көне. *Ереже, заң.*
**ҚАНША** есім. **1.** *Бір нәрсенің сан мөлшерін білу үшін қойылатын сұрау сөз.* **2.** *Қаншама, қаншалықты.* **3.** *Бірдеңені жоққа шығару үшін қолданылатын сөз.* **4.** *Толып жатқан, сансыз көп.*
**Қанша дегенмен.** *Не дегенмен, қалай дегенмен.* **Қанша рет.** *Әлденеше, бірнеше.*
**ҚАНШАЛЫҚ** есім. *Қаншама, соншалық.*
**ҚАНШАЛЫҚТЫ** есім. *Қаншама, сонша.*
**Қаншалықты [не] қиындығы бар.** *Оп-оңай, ауырлығы жоқ.*
**ҚАНШАМА** есім. **1.** *Қаншалықты, қанша-лық.* **2.** *Өте көп, сансыз; ұшан-теңіз.* **2.** *Қанша, неше.*
**ҚАНШИЕ** зат. өс. <лат. cerasus erythrocarpa> *Таулы жерде жабайы түрде өсетін, биіктігі 70–200 см-дей бұта.*
**ҚАНШЫҚ** зат. **1.** *Ит тұқымдас хайуандардың ұрғашысы.* **2.** ауыс. бейпіл. *Әйел адамға айтылатын тілдеу, балағат сөз.*
**ҚАНШЫҚТАП: ала қаншықтап.** *Боран (күн) бір ашылып, бір қойып.*
**ҚАНШЫЛ** сын. экспр. *Рушыл, жікшіл.*
**ҚАНШЫЛДЫҚ** зат. экспр. *Қанға тартушылық, рушылдық.*
**ҚАНШЫМАҚ** зат. *Қан араласқан су.*
**ҚАНШЫР**[1] зат. *Далалы жерде, қырда жүретін еті адал, кішірек келген сұр құс.*
**ҚАНШЫР**[2] зат. *Арыстанның ұрғашысы.*
**ҚАНШЫРДАЙ** сын. *Қаншыр сияқты жіп-жіңішке, сидам, арық.*
**Қаншырдай қатқан.** *Артық еті жоқ, сидиған, сұңғақ; бабы күшті жылқы.* **Қаншырдай қатты.** *Жіп-жіңішке болып жарады.*
**ҚАНЫҒУ** *Қанық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әбден бабына жету, бойына сіңіру.* **2.** *Мән-жайын жете білу, түсіну.*
**ҚАНЫҚ** сын. **1.** *Жақсы таныс, белгілі.* **2.** *Мән-жайға әбден жетік, емін-еркін білетін.* **3.** *Кемеліне келген, бабына жеткен.*
**Қанық бу.** хим. *Сумен тепе-теңдікке келген бу.* **Қанық ертінді.** *Белгілі температурада заттың одан әрі еру алмайтын күйі.*
**ҚАНЫҚ=** ет. **1.** *Мән-жайды әбден түсініп білу, егжей-тегжейіне көз жеткізу.* **2.** *Игеру, төселу.* **3.** *Әбден бабына жету, кемеліне келу, бойына сіңіру.*
**Қаныққан ауа.** хим. *Бір нәрсені бойына әбден сіңірген ауа.* **Қаныққан бу.** хим. *Өз сұйығымен (немесе сондай химиялық құрамдағы қатты денемен) термодинамикалық тепе-теңдікте болатын бу.* **Қаныққан көмірсутектер.** хим. *Молекулалық құрамы жағынан ең қарапайым, сутек пен көміртектен тұратын қосылыстар.* **Қанықпаған көмірсутектер.** хим. *Құрамындағы көміртек атомдары өзара қос немесе үш байланыстар арқылы қосылған, органикалық қосылыстар.* **Қаныққан қосылыстар.** хим. *Көміртек атомдары өзара қарапайым байланыстармен байланысқан химиялық қосылыстар.* **Қанықпаған қосылыстар.** хим. *Құрамында еселі байланыстар болатын қанықпаған көмірсутектер және олардың туындылары.*
**ҚАНЫҚТА=** ет. *Істің мән-жайын түсініп білу, анықтау, айқындау.*
**ҚАНЫҚТАН=** ет. *Істің мән-жайын түсіну, анықтау.*
**ҚАНЫҚТАНУ** *Қанықтан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАНЫҚТАУ** сын. *Қаныгырақ, таныстау.*
**ҚАНЫҚТЫ** сын. *Танымал, таныс.*
**ҚАНЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Мән-жайды жете білгендік, жақсы таныстық.* **2.** *Кемеліне келгендік, бабына жеткендік.*
**ҚАНЫҚТЫР=** ет. **1.** *Әбден бабына жеткізу.* **2.** *Жете таныстыру.*
**ҚАНЫҚТЫРҒЫШ** зат. хим. *Сатурация өткізуге арналған қондырғы.*
**ҚАНЫҚТЫРУ** *Қанықтыр етістігінің қимыл атауы; әбден бабына жеткізу.*
**ҚАНЫҚТЫРЫЛ=** ет. *Әбден бабына жеткізілу.*
**ҚАНЫҚТЫРЫЛУ** *Қанықтырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАНЫПЕЗ** сын. сөйл. ***Қаныпезер.***
**ҚАНЫПЕЗЕР** сын. *Бейбіт елге бүлік салушы қанқұйлы, қанішер, жауыз.*
**ҚАНЫПЕЗЕРЛЕН=** ет. *Арсыздыққа салыну, қаны қараю, бетпақтану.*
**ҚАНЫПЕЗЕРЛЕНУ** *Қанызепезерлен етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАНЫПЕЗЕРЛІК** зат. *Жауыздық, зұлымдық.*
**ҚАНЫС=** ет. **1.** *Шөл басысу.* **2.** ауыс. *Көңілі тоқ болысу, қанағаттанысу.*
**ҚАНЫСУ** *Қаныс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАНІКЕЙ** есім. сөйл. *Қанеки, қане.*
**ҚАНІШЕР** зат. *Жауыз, аяусыз қаныпезер, қанқұйлы.*
**ҚАНІШЕРЛІК** зат. *Жауыздық, қаныпезерлік, қанқұйлылық.*
**ҚАҢ** зат. көне. ***Арба.***
**ҚАҢБАҚ** зат. өс. **1.** *Шөлді, далалы, сортаң жерлерде өсетін, кеуіп, тамырынан үзілген соң желдің айдауымен жер бауырлап дөңгелеп жүретін шөп.* **2.** тер. <лат. salsola paulsenii> *Алабұта тұқымдасы, сораң туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.* **3.** ауыс. *Жепжеңіл, салмақсыз, мәнсіз.*
**Қаңбақ құрлы көрмеді.** *Жеп-жеңіл үйіріп әкетті.* **Қаңбақ сораң.** өс. <лат. salsola collina> *Алабұта тұқымдасы, сораң туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*
**ҚАҢБАҚТАЙ** сын. *Қаңбақ сияқты, жепжеңіл.*
**Қаңбақтай ойнатты.** *Біреуді, бірнәрсені, оп-оңай, күш салмай меңгерді, игерді.* **Қаңбақтай ұшырды.** *Оп-оңай, көп күш салмай-ақ сұлатты, лақтырды, алып ұрды.*
**ҚАҢБАҚША** үст. *Қаңбақ сияқты, қаңбаққа ұқсас, жеп-жеңіл.*
**ҚАҢҒАЛА=** ет. сөйл. ***Қаңғалақта.***
**ҚАҢҒАЛАҚ** зат. **1.** тех. *Мәшине моторының алдындағы айналатын қалағы.* **2.** *Ұршықтың дөңгелек басы.* **3.** ауыс. *Жеңілтек, жеңіл, жаңғалақ.*
**Қаңғалақ қақты [ойнады].** *Ұшып-қонды, алып ұшты, жеңілтектенді, дегбірсізденді.*
**ҚАҢҒАЛАҚТА=** ет. *Ұшып-қону, дегбір-сіздену.*
**ҚАҢҒАЛАҚТАУ**[1] сын. *Жеңілтектеу, ұшқалақтау.*
**ҚАҢҒАЛАҚТАУ**[2] *Қаңғалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒАЛАС=** ет. *Қаңғалақ қағысу, қақтығысып соқтығысу.*
**ҚАҢҒАРУЛЫ** сын. *Қаңтарулы, қаңтарып бос қойған.*
**ҚАҢҒУ** *Қаңғы етістігінің қимыл атауы; босқа күн өткізу, тентіреу, сандалу.*
**ҚАҢҒЫ** сын. сөйл. ***Қаңғыбас.***
**ҚАҢҒЫ=** ет. **1.** *Мақсатсыз бос тентіреу, сенделу, кезу.* **2.** *Бетімен лағып кету.* **3.** *Барар жер, басар тауы қалмау.* **4.** ауыс. *Үміті үзілу.*
**ҚАҢҒЫБАС** сын. *Қайда болса, сонда жүре беретін қыдырымпаз; кезбе. // Қыдырымпаз, қыдырып жүре беретін адам.*
**ҚАҢҒЫБАСТАН=** ет. *Бос тентіреу, сенделу, кезу.*
**ҚАҢҒЫБАСТАНУ** *Қаңғыбастан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫБАСТАУ** сын. *Кезбелеу, аздап қыдырымпаз.*
**ҚАҢҒЫБАСТЫҚ** зат. *Ел кезіп тентіреушілік, кезбелік.*
**ҚАҢҒЫЛ** сын. жерг. ***Қаңғыбас.***
**ҚАҢҒЫМА** сын. **1.** *Кезбе, қаңғыбас.* **2.** *Беталды ұшқан, жөн-жосықсыз атылған, қаңғыған.*
**ҚАҢҒЫМАЛА=** ет. сөйл. **1.** *Қаңғыбастану, кезбелену.* **2.** *Ауытқу, лағу, негізгі бағытынан жаңылу.*
**ҚАҢҒЫР** елік. *Қаңғырлап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*
**Қаңғыр етті [еткізді].** *Қаңғырлаған дыбыс шықты (шығарды).*
**ҚАҢҒЫР=** ет. *Қаңғу, тентіреу, кезу, бет-алды бос жүру, сенделу.*
**ҚАҢҒЫРА=** ет. *Қандай да бір мекенжай, баспана, ғимараттың дүние-мүлікcіз, адамсыз бос қалуы.*
**ҚАҢҒЫРАҚТА=** ет. *Қаңғыру, бос сенделу.*
**ҚАҢҒЫРАҚТАУ** *Қаңғырақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРАТ=** ет. *Мекенжай, баспана, ғимаратты дүние-мүліксіз, адамсыз бос қалдыру.*
**ҚАҢҒЫРАТУ** *Қаңғырат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫР-КҮҢГІР** елік. *Даңғыр-дұңғыр, салдыр-күлдір еткен дыбысты бейнелейтін сөз. //Дабыр-дұбыр, дыбыр-дыбыр дыбыстар, сөздер.*
**Қаңғыр-күңгір еткізді.** *Қаңғырлаған, күңгірлеген дыбыс шығарды.* **Қаңғыр-күңгір етті.** *Даңғыр-дұңғыр, салдыр-күлдір еткен дыбыс шықты.*
**ҚАҢҒЫР-КҮҢГІРЛЕТ=** ет. *Қаңғыр-күңгір дыбыс шығару, даңғырлату, салдырлату.*
**ҚАҢҒЫР-КҮҢГІРЛЕТУ** *Қаңғыр-күңгірлет етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРЛА=** ет. *Қаңғыр-күңгір еткен дыбыс шығару, салдырлау.*
**ҚАҢҒЫРЛАТ=** ет. *Қаңғыр-күңгір еткен, даңғырлаған дыбыс шығарту.*
**ҚАҢҒЫРЛАТУ** *Қаңғырлат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРЛАУ** *Қаңғырла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРМА** сын. сөйл. ***Қаңғыма.***
**ҚАҢҒЫРТ=** ет. *Тентіретіп жіберу, сенделту.*
**Қаңғыртып жіберді.** *Қуып, сандалтып жіберді; тентіретті.*
**ҚАҢҒЫРТУ** *Қаңғырт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРУ** *Қаңғыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫРЫҚ: қаңғырығы түтеді [қаңғырығын түтетті].** *Қаңғырығып қатты шөлдеді, қаны кепті; азып-тозды.*
**ҚАҢҒЫРЫНДЫ** сын. *Қаңғыбас, кезбе.*
**ҚАҢҒЫРЫС** зат. *Қаңғыбастық, кезбелік.*
**ҚАҢҒЫТ=** ет. *Сенделуге, тентіреуге мәжбүр ету, қаңғырту.*
**ҚАҢҒЫТУ** *Қаңғыт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАҢҒЫШ** сын. ескікіт. *Қаңғыған, қаңғырып жүрген.*
**ҚАҢҚ** елік. *Қаңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*
**Қаңқ етті.** *Қаңқылдады, ащы дауыс шығарды.*
**ҚАҢҚА** зат. **1.** *Сүйек, құр сүйек, сүлде.* **2.** анат. <грек. sceleton> *Адам мен жануарлар денесіне тірек және оны сыртқы зақымнан қорғайтын қатты тіндерден құралған сүйек жиынтығы.* **3.** *Бір нәрсенің сыртқы жалпы бітімі, құрылысы.*
**ҚАҢҚАЙ=** ет. *Қалқию, ербию, селтию, сұлбасы қалу.*
**ҚАҢҚАЙМА** зат. экспр. *Бау-бақшаға құстарды үркіту үшін орнатылған жасанды қарақшы.*
**ҚАҢҚАЙТ=** ет. *Қалқитып, селтитіп қою.*
**ҚАҢҚАЙТУ** *Қаңқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚАҚ** сын. **1.** *Қаңқайған, қалқиып қалған.* **2.** ауыс. *Осал.*

**ҚАҢҚАҢДА=** ет. экспр. *Қадаңдау, қаздаңдау.*

**ҚАҢҚАЮ** *Қаңқай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚ-ҚАҢҚ: қаңқ-қаңқ етті.** *Қаңқылдаған дыбыс шығарды.*

**ҚАҢҚИ=** ет. **1.** *Қаңқаю, қалқаю, ербию.* **2.** *Қаңқайып бос тұру, іске аспау.*

**ҚАҢҚИТ=** ет. *Қалқитып, ербитіп қою, орналастыру.*

**ҚАҢҚИТУ** *Қаңқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚИЮ** *Қаңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚУ** зат. *Өсек-аяңға негізделген алып-қашпа* сөз; *шақпа сөз.*

**Қаңқу сөз.** а) *Өсек-аяң, алып-қашпа сөз.* ә) *Орынсыз айтылған пікір, жаңсақ сөз, өсек.*

**ҚАҢҚУЛА=** ет. *Улап-шулау, даңғазалану, әулекілену.*

**ҚАҢҚУ-САҢҚУ** зат. *Алып-қашпа сөз, өсек-аяң.*

**ҚАҢҚЫЛ** зат. *Қаңқ-қаңқ еткен дауыс.*

**ҚАҢҚЫЛДА=** ет. *Құс пен иттің қаңқылдаған дауыс шығаруы.*

**ҚАҢҚЫЛДАС=** ет. *Қаңқ-қаңқ етісу, қаңқылдаған дауыс шығарысу.*

**ҚАҢҚЫЛДАСУ** *Қаңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚЫЛДАТ=** ет. *Қаңқылдаған дауыс шығарту.*

**ҚАҢҚЫЛДАТУ** *Қаңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢҚЫЛДАУ** *Қаңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢСУ** *Қаңсы етістігінің қимыл атауы; кебу, құрғау.*

**ҚАҢСЫ=** ет. **1.** *Кебу, құрғау.* **2.** *Тілі аузына сыймай шөлдеу, ерні кеберсу.* **3.** ауыс. *Қаңтарылу, құр тұру.* **4.** ауыс. *Көңілсіз болу, жадау тарту.*

**ҚАҢСЫҚ** сын. **1.** *Кепкен, құрғаған заттан шығатын күлімсі, қолаңса, сасық. // Күлімсіген, борсыған жағымсыз иіс.* **2.** *Іске аспай қалған зат, тозығы жеткен бұйым.*

**ҚАҢСЫҚТАУ** сын. *Құрғақтау; ащылау, өткірлеу.*

**ҚАҢСЫЛА=** ет. *Иттің қатты соққыдан ащы дауыс шығарып қыңсылауы.*

**ҚАҢСЫЛАТ=** ет. *Итті қыңсылату.*

**ҚАҢСЫЛАТУ** *Қаңсылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢСЫЛАУ** *Қаңсыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢСЫТ=** ет. **1.** *Құрғатып кептіріп тастау.* **2.** *Жағымсыз иістің кеңсірікке дейін кіріп, мұрынды жаруы.*

**ҚАҢСЫТУ** *Қаңсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢТАР** зат. **1.** *Қазіргі (азаматтық) жыл санау күнтізбесі бойынша (Григориан күнтізбесі), жылдың бірінші айы, 31 тәуліктен келетін қыстың екінші айы.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, таршылық.*

**Қаңтардағы бурадай.** *Ашулы, қаһарлы деген мағынада.* **Қаңтарда қатқан мұздай.** *Сірескен, өте суық көңіл мағынасында.* **Қаңтардың аязындай.** *Адуынды, қаһарлы, ызғарлы, айбынды.* **Қаңтардың қатты аязы.** *Шыңылтыр аяз, ерекше суық.*

**ҚАҢТАР=** ет. **1.** *Шөп жегізбес үшін аттың басын көтере кекжитіп байлау.* **2.** ауыс. *Құр қалдыру, еш нәрсе бермеу.* **3.** ауыс. *Жұмыссыз бос қою; доғару.* **4.** ауыс. *Жол бермеу, жолына түспеу.*

**ҚАҢТАРУ** *Қаңтар етістігінің қимыл атауы; жұмысқа жегілетін, не салт мінілетін жылқыны байлап қою.*

**ҚАҢТАРУЛЫ** сын. *Қаңтарып қойған, қаңтарылған.*

**ҚАҢТАРЫЛ=** ет. **1.** *Малдың басын көтере қаңтарып байлап қою.* **2.** ауыс. *Жұмыссыз, әрекетсіз бос қалу; тоқталу, доғарылу.*

**ҚАҢТАРЫЛУ** *Қаңтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢТАРЫС=** ет. *Аттарды қатар, бірге қаңтару, байлау.*

**ҚАҢТАРЫСУ** *Қаңтарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢЫЛЖЫ=** ет. жерг. ***Қаңсы.***

**ҚАҢЫЛТАҚ** сын. **1.** *Жұп-жұқа; қалың емес.* **2.** ауыс. *Өңі жұқа, арықша келген.* **3.** ауыс. *Бірде аш, бірде тоқ, қоңторғай.*

**ҚАҢЫЛТЫР** зат. **1.** қолөнер. *Қақталған жұп-жұқа, жалпақ темір.* **2.** тех. *Жасытылған болаттан (негізінен аз көміртекті) салқындай қақталып (прокатталып) жұқартылған (әдетте қалыңдығы 0,08–0,32 мм) металл таспа, тілім, табақ.*

**ҚАҢЫЛТЫРЛА=** ет. *Қаңылтыр қағу, қаңылтырмен қаптау.*

**ҚАҢЫЛТЫРЛАТ=** ет. *Қаңылтырмен қаптату.*

**ҚАҢЫЛТЫРЛАТУ** *Қаңылтырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢЫЛТЫРЛАУ** *Қаңылтырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢЫЛТЫРЛЫ** сын. *Қаңылтырмен жабылған, қаңылтырмен қапталған.*

**ҚАҢЫЛТЫРСАЛҒЫШ** зат. тех. *Қаңылтырды теңдеп жинауға және теңнен түсіруге арналған мәшине.*

**ҚАҢЫЛТЫРША** үст. *Қаңылтыр сияқты, қаңылтыр тәрізденіп.*

**ҚАҢЫЛТЫРШЫ** зат. *Қаңылтырдан әртүрлі бұйым жасайтын шебер.*

**ҚАҢЫР=** ет. *Қаңырау, бос қалу, иесіз қалу.*

**ҚАҢЫРА=** ет. **1.** *Бос қалу, бос тұру.* **2.** *Елсіз, иесіз қалу.*

**Қаңырап қалды.** *Бос қалды, тірі жан қалмады.*

**ҚАҢЫРАЙ=** ет. *Қаңырап бос тұру.*

**ҚАҢЫРАТ=** ет. **1.** *Иесіз қалдыру, бос тастау.* **2.** ауыс. *Тіршілік атаулыдан жұрдай ету.*

**ҚАҢЫРАТУ** *Қаңырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢЫРАУ** *Қаңыра етістігінің қимыл атауы.*

**Қаңырауы жеткен.** *Иесіз, бос қалған.*

**ҚАҢЫРАЮ** *Қаңырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҢЫРСЫ=** ет. сөйл. ***Қаңсы.***

**ҚАҢЫРСЫҚ** сын. сөйл. ***Қаңсық.***

**ҚАҢЫРЫҚ: қаңырығы түтеді.** *Қатты шаршап, аңқасы кепті, шөлдеді.*

**ҚАП[1]** зат. **1.** *Жүннен, кенептен немесе мақтадан тоқылған, төрт бұрыш етіп тігілген азық-түлік, заттар салуға арналған ыдыс.* **2.** *Қапқа салынған, қапталған зат.* **3.** *Бір нәрсені қаптап қоятын, қорғаныш болатын зат.* **4.** *Белгілі бір заттың сырты, сыртқы жамылғышы.* **5.** ауыс. *Қорғаныш, қақпа.*

**Қап салу.** *Қайыршылану, босып кету, садақа сұрау.*

**ҚАП[2]** зат. *Ұшы-қиыры жоқ, бүкіл әлемді орап алатындай тау.*

**Қап тауы.** миф. *Қойқаптың тауы, көне, алыстық, тылсым күш өлшемі, биіктік өлшем-межесі болған мекенжай* . **Қап тауындай.** бейн. *Молдық, үлкендік өлшемі.*

**ҚАП[3]** од. экспр. **1.** *Өкініп, опық жегенде айтылатын ишарат сөз.* **2.** *«Әттеген-ай», «ой» деген мағынадағы жеңіл өкінішті білдіреді.*

**Қап, әттеген-ай!** экспр. *Бір нәрсенің болмай қалғанына өкіну, санын соғып қалу нышанымен айтылатын сөзқолданыс.* **Қап, бәлем.** экспр. *Сені ме, қолыма бір түсерсің, оңдырмаймын деген мағынада.*

**ҚАП=** ет. **1.** *Иттің, жыртқыш аңның ауызбен тістеуі.* **2.** ауыс. *Осып түсу, шабу.* **3.** ауыс. *Жамандық жасау; арпылдау, беттен алу.* **4.** ауыс. *Ащы иістің алып кетуі, демалдырмауы.*

**ҚАП: қап еткенде.** жерг. *Алғаш, алдында.*

**ҚАПА** [ир. خفه] зат. *Уайым, қайғы, шер, мұң, ішқұса. // Қапырық, тымырсық.*

**Қапа болды.** а) *Қайғырып қан жұтты, ішқұса болды, уайымдады, қамықты.* ә) *Ауа қапырықтанды, ауа ауырлап, дем алуға мүмкіндік болмады, тынысты тарылтты.* **Қапа қылды.** *Уайым шектірді, қапаландырды, ренжітті, кейітті.* **Қапа шекті [тартты].** *Құса болды, қамықты, қайғырды.*

**ҚАПАДА** сын. ескі кіт. *Ызалы, қапалы.*

**ҚАПАДАР** сын. *Қам көңіл, қайғылы, ренішті.*

**ҚАПАҚ** зат. этн. *Ыдыс.*

**ҚАПАЛА=** ет. сөйл. *Ыстыққа шыдай алмау, күйіп-жану.*

**ҚАПАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қардың жапалақтап жаууы.* **2.** ауыс. *Қалбалақтау, елбелектеу, елпілдеу.*

**ҚАПАЛАҚТАУ** *Қапалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПАЛАН=** ет. *Қамығу, кею, ренжу.*

**ҚАПАЛАНДЫР=** ет. *Ренжіту, кейіту, қамықтыру.*

**ҚАПАЛАНДЫРУ** *Қапаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПАЛАНУ** *Қапалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПАЛАТ=** ет. *Ренжіту, қайғыландыру.*

**ҚАПАЛАТУ** *Қапалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПАЛАУ** *Қапала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПАЛЫ** сын. *Мұңды, қайғылы, ренішті.*

**ҚАПАЛЫҚ** зат. *Қайғы, мұң, уайым.*

**Қапалық басты.** *Көңілді реніш, кейіс басты, қатты, өкпелі болды.*

**ҚАПАН** зат. тех. *Мәшине, трактор т.б. көліктерді жүгімен қоса өлшейтін үлкен таразы.*

**ҚАПАС[1]** зат. **1.** *Қоршау, қамау.* **2.** *Түрме, абақты.*

**ҚАПАС[2]** [ар. قفص] сын. **1.** ауыс. *Қапырық, ыстық. // Тар, ауа жоқ жер.* **2.** ауыс. *Қараңғы, түк көрінбейтін.* **3.** ауыс. *Надан, түк түсінбейтін.*

**Қапас болды.** *Абақты, түрме болды.* **Қапастағы тоты құс.** бейн. *Қадірі бағаланбаған өнер иесі.*

**ҚАПАСТАУ** сын. *Қапырықтау, ыстықтау.*

**ҚАПАСТЫ** сын. сөйл. ***Қапас.***

**ҚАПАСТЫҚ** зат. *Ауыр азап, қиыншылық.*

**ҚАПАСЫЗ** сын. *Қайғысыз, мұңсыз.*

**ҚАПАШ-ҚҰПАШ** үст. сөйл. *Асығыс-үсігіс, қабың-құбың.*

**ҚАПАШЫЛЫҚ** зат. *Қайғы, күйініш, уайым.*

**ҚАПЕЛІМ** үст. сөйл. ***Қапелімде.***

**ҚАПЕЛІМДЕ** үст. **1.** *Кенет, тосыннан, жөнелдемеде.* **2.** *Негізінде, жалпы.*

**ҚАПЕР** зат. *Ес, ой.*

**Қаперінде жоқ.** *Ойсыз, алаңсыз.* **Қаперіне алмады [ілмеді].** *Есептеспеді, санаспады.* **Қаперіне келмеді.** *Ойына кіріп те шықпады, ескермеді, елемеді.* **Қаперіне кіріп те шықпады [шығатын емес, кірмеді].** *Ойына да келмейді, мән бермеді, қаннен-қаперсіз, еш ойсыз.*

**ҚАПЕРСІЗ** сын. *Бейқам, қамсыз, жайбарақат.*

**ҚАПЕРСІЗДІК** зат. *Жайбарақаттық, бейқамдық.*

**ҚАПИЯ** сын. *Өкінішті, өксікті, жабырқаңқы.*

**Қапия жерде сөз тапты.** *Табан астында, қысылған жерде сөз тауып кетті.* **Қапия кетті.** *Қапыда қалды, өкінді.*

**ҚАПИЯДА** үст. *Қапелімде, қапылыста.*

**ҚАП-ҚАЛЫҢ** сын. сөйл. *Біршама, әжептәуір қалың.*

**ҚАП-ҚАП** сын. **1.** *Бірнеше қап.* **2.** ауыс. *Көп, мол, есепсіз.*

**ҚАП-ҚАРА** сын. **1.** *Қараның қарасы, тым қара (түс).* **2.** *Көзге түрткісіз, ештеңе көрінбейтін (түн).* **3.** *Күйе-күйе.* **4.** ауыс. *Түнерген, түксиген (бұлт, тау т.б.).* **5.** ауыс. *Жаман, арам.* **6.** ауыс. *Сұрықсыз, түнжыр // Ауыртпалық, қиыншылық. //* **7.** ауыс. *Қатты, мұздай.*

**ҚАП-ҚАРАҢҒЫ** с ы н. **1.** *Көзге түртсе көргісіз, ештеңе көрінбейтін.* **2.** а у ы с. *Сұрықсыз, жабырыңқы.*

**ҚАП-ҚАТТЫ** с ы н. **1.** *Кәдімгідей қатты, әжептәуір қатты.* **2.** а у ы с. *Қатты тиетін, ауырсынатындай.*

**ҚАПҚАУСЫН** с ы н. е с к і к і т. *Өте жақын, таяу.*

**ҚАПҚЫЗ=** е т. *Қаптыру, итке талату, тістету.*

**ҚАПҚЫЗУ** *Қапқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПҚЫШ** с ы н. *Аузымен қауып жеуге шебер, икемді.*

**ҚАПЛАУ** з а т. е с к і к і т. **1.** *Бөгет, кедергі.* **2.** *Пана, қорған.*

**ҚАПСАҒАЙ**[1] з а т. *Шатқал, сай.*

**ҚАПСАҒАЙ**[2] с ы н. *Зор денелі, еңсегей бойлы, толық.*

**Қапсағай дене**. *Ірі тұлғалы, жауырынды бітім, тұлға.* **Қапсағай денелі.** *Үлкен, екі иығына екі кісі мінгендей, ірі тұлғалы.*

**ҚАПСАҒАЙЛАН=** е т. *Зорайып іріленe түсу.*

**ҚАПСАҒАЙЛАНУ** *Қапсағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПСАҒАЙЛАУ** с ы н. *Денелірек, ірілеу, иықтылау.*

**ҚАПСАҒАЙЛЫ** с ы н. *Ұзын бойлы, денелі, еңгезердей.*

**ҚАПСАҒАЙЛЫҚ** з а т. с ө й л. *Зор денелілік, ірілік.*

**ҚАПСИҒАН** с ы н. *Арбиған, сапсиған, сиықсыз.*

**ҚАПСЫР=** е т. **1.** *Айқара ұстау, білегімен айналдыра ұстау.* **2.** *Батыра тістеу, азулау.* **3.** *Бір нәрсені (есікті т.б.) қатты жаппай іліндіру, қиюластыру.* **4.** а у ы с. *Құшаққа алу, төске басу.* **5.** а у ы с. *Қоршау, айнала төну, қаптау (бұлт, түтін, тұман т.б.).*

**ҚАПСЫРМА**[1] з а т. э т н. *Әйелдердің сыртқы киімінің екі өңірін бір-біріне қауыстырып, іліп тұратын, әшекейлі күміс т.б. ілгек.*

**ҚАПСЫРМА** з а т. с п о р т. *Іштің төменгі жағын ауыр салмақ (зілтемір, гір) көтергенде, күрес спортының басқа да түрлерінен жыныс мүшелерін қысып ұстап тұру үшін белі резеңкеленіп созылмалы мақта жіптен жасалған ішкиім.*

**ҚАПСЫРМА: қапсырма есік.** э т н. *Екі жаққа жарыла ашылатын жарма есік.*

**ҚАПСЫРМАЛА=** е т. *Қапсыра түсу.*

**ҚАПСЫРМАЛАН=** е т. *Қапсырылу, жымдасу, бірігу.*

**ҚАПСЫРМАЛАНУ** *Қапсырмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПСЫРМАЛАУ** *Қапсырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПСЫРМАЛЫ** с ы н. *Қапсырмасы бар, қапсырма тағылған.*

**ҚАПСЫРУ** *Қапсыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПСЫРУЛЫ** с ы н. *Сәл жабулы, қапсырылған.*

**ҚАПСЫРЫЛ=** е т. *Жымдастырылу, қапсырма жасалу, қиюластырылу.*

**ҚАПСЫРЫЛУ** *Қапсырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПСЫРЫҢҚЫ** с ы н. *Ішіне тартылған, тартыңқы.*

**ҚАПСЫРЫҢҚЫРА=** е т. *Қапсыра түсу.*

**ҚАПСЫРЫҢҚЫРАУ** *Қапсырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТА**[1]**=** е т. **1.** *Қапқа астық, жүн т.б. сусымалы заттарды салып, толтыру.* **2.** *Тозбас үшін бір заттың сыртынан қап жасау.* **3.** *Есіктің т.б. сыртын берік, мықты, жылы болу үшін темірмен, қарақағаз т.б. заттармен жапсыра бекіту, қабаттау.*

**ҚАПТА**[2]**=** е т. **1.** *Толып кету, басу.* **2.** *Атойлау, жау шабу.* **3.** *Көп болып өсу, жыпырлау.* **4.** *Торлау, жайлау (бұлт т.б.).* **5.** *Лаулап, дүрілдей жану.* **6.** *Тұтаса өсу (сақал, шаш т.б.).* **7.** *Тапталу, жапырлау.*

**Қаптаған қара бұлтша түнерді.** *Тас түйін болып, үндемей ашуланды.* **Қаптап білу.** ж е р г. *Көп білу, терең, жан-жақты білу.*

**ҚАПТАҒАЙ** з а т. к ө н е. *Жабайы түйе.*

**ҚАПТАҒАЙЛА =** е т. *Жан-жақтан анталау, андыздау, қаптау.*

**ҚАПТАҒАЙЛАУ** *Қаптағайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЙ** с ы н. *Бәрі сиятын, үлкен, зор.*

**ҚАПТАЙЛА=** е т. с ө й л. *Андыздау, қаптау.*

**ҚАПТАЙЛАУ** *Қаптайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛ**[1] з а т. **1.** э т н. *Ердің екі жағындағы желдік тұратын көлденең етек ағашы.* **2.** *Көліктің ер салатын тұсы, қаптал тұратын екі жағы.* **3.** *Таудың екі жақ қия беті.* **4.** ә с к. <франц. flanc> *Әскер шебінің екі жақ (оң мен сол) бөліктері.* **5.** *Бір нәрсенің (арық, көше, жол т.б.) екі жаны, екі тұсы.*

**Қапталда қалды.** *Жолда қалды.* **Қапталдан ату.** ә с к. *Нысананың қапталына (қарсыластың ұрыстық ретіне) артиллериялық зеңбіректерден, танкілерден, атыс қаруынан жүргізілетін атыс.* **Қапталдан маневр жасау.** ә с к. *Қарсыластың оперативтік шебінің (ұрыс шебі) бір жақ қапталына соққы беріп, сол арқылы оның негізгі күшінің тылына шығу.* **Қапталдан соғу.** а) ә с к. *Қарсыластың ұрыстық немесе жорықтық реттерінің қапталына бағытталған соққы.* ә) с п о р т. *Діттеген жерге қапталдан тиетін боксшының соққысы.* **Қаптал көпшілік.** *Былайғы жұртшылық, қалыс, қалың жұрт.* **Қапталына алу.** ж е р г. *Қарауына, қол астына алу.* **Қапталына ермейді [келмейді].** *Соңына ілесе алмайды.*

**ҚАПТАЛ**[2] с ы н. э т н. *Сырттан киетін үлкен, кең (киім). // Сырткиім.*

**Қаптал сызық.** с п о р т. *Ойын өтетін алаңның қапталдағы тұсын шектейтін сызық.* **Қаптал шапан.** э т н. *Қазақ шеберлері шапан тіккенде көбінесе жүн тартып, бидайылап тыстаған ұлттық киім.*

**ҚАПТАЛ**[3] ү с т. *Емін-еркін, әбден, толығымен.*

**Қаптал білді.** ж е р г. *Жақсы білді, терең білді.*

**ҚАПТАЛ**[1]**=** е т. *Қапқа салыну.*

**ҚАПТАЛ**[2]**=** е т. э т н. к ө л ө н е р. *Көмкерілу, жабылу, әшекейлену.*

**ҚАПТАЛҒЫ** с ы н. *Қатар, іргелес.*

**ҚАПТАЛДА=** е т. **1.** *Тау беткейінен қиялай жүру.* **2.** ә с к. *Атыс кезінде шабу; жау шебінің қапталын ала, бір бүйірлеп ату.* **3.** а у ы с. *Қосамжарласу, қатарласу, жарысу.*

**Қапталдай шауып сөйледі.** *Қосамжарласып, киілікті, әңгімеге араласты.*

**ҚАПТАЛДАП** ү с т. **1.** *Бүйірлей, жарыса.* **2.** *Жағалай, жапсарлай.*

**ҚАПТАЛДАС=** е т. *Қатарласу, жарысу.*

**ҚАПТАЛДАСТЫР=** е т. *Қатарластыру, жарыстыру.*

**ҚАПТАЛДАСТЫРУ** *Қапталдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛДАСУ** *Қапталдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛДАТ=** е т. *Сай табанымен, таудың қия бетімен жүру.*

**ҚАПТАЛДАТУ** *Қапталдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛДАУ** *Қапталда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛДЫ** с ы н. *Қапталы бар, қапталмен жасалған.*

**ҚАПТАЛДЫҚ** з а т. э т н. *Ердің қапталы орналасатын тұсы.*

**ҚАПТАЛУ**[1] *Қаптал*[3] *етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАЛУ**[2] *Қаптал*[4] *етістігінің қимыл атауы; көмкерілу, жабылу, әшекейлену.*

**ҚАПТАМА** з а т. **1.** *Суықта киетін сырты тысталған қалың киім, тон, шекпен.* **2.** с п о р т. *Жаттығу сабақтары мен жарыс кезінде сайысу құралдарымен шаншудан, шайбамен, таяқпен, жұдырықпен ұрудан, аяқпен тебуден қорғайтын киім.* **3.** *Жамылғыш, қаптайтын зат.* **4.** с п о р т. *Спорт құралдарын бір нәрсеге тиіп бүлінуден, шаң мен судан сақтауға арналған жабдықтардың жалпы атауы.*

**Қаптама сандық.** э т н. *Сырты түгелімен қапталған сандық.*

**ҚАПТАС=** е т. *Қаптауға көмектесу, қапқа салысу.*

**ҚАПТАСУ** *Қаптас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТАТ**[1]**=** е т. *Қапқа салғызу.*

**ҚАПТАТ**[2]**=** е т. к ө л ө н е р. *Заттың сыртқы бетін екінші бір затпен көмкеріп жапқызу, әшекейлету.*

**ҚАПТАТ**[2]**=** е т. **1.** *Толтырып жіберу, жан-жақтан басып кетуге тосқауыл қоймау.* **2.** а у ы с. *Жайлату, торлату.* **3.** а у ы с. *Өршіту, күшейту.*

**ҚАПТАТҚЫЗ**[1]**=** е т. *Қапқа салғызу, қапқа салдырту.*

**ҚАПТАТҚЫЗ**[2]**=** е т. э т н. к ө л ө н е р. *Заттың сыртқы бетін басқа бір затпен көмкерттіру, әшекейлеттіру.*

**ҚАПТАТҚЫЗ=** е т. *Жыпырлаттыру, қаптаттыру, толтыру*

**ҚАПТАТҚЫЗУ**[1] *Қаптатқыз*[1] *етістігінің қимыл атауы; қапқа салғызу.*

**ҚАПТАТҚЫЗУ**[2] *Қаптатқыз*[2] *етістігінің қимыл атауы; әшекейлеттіру, заттың сыртқы бетін басқа затпен көмкерткізу.*

**ҚАПТАТТЫР**[1]**=** е т. *Қапқа салдырту, қапқа салғызу.*

**ҚАПТАТТЫР**[2]**=** е т. *Бір заттың бетін екінші бір затпен көмкерткізу, әшекейлеттіру.*

**ҚАПТАТТЫР**[3]**=** е т. *Жыпырлаттыру, қаптатқызу.*

**ҚАПТАТТЫРУ**[1] *Қаптаттыр*[1] *етістігінің қимыл атауы; қапқа салдырту.*

**ҚАПТАТТЫРУ**[2] *Қаптаттыр*[2] *етістігінің қимыл атауы; заттың бетін басқа бір нәрсемен көмкерткізу, әшекейлендірту.*

**ҚАПТАТТЫРУ**[3] *Қаптаттыр етістігінің қимыл атауы; жыпырлаттыру.*

**ҚАПТАТУ**[1] *Қаптат*[1] *етістігінің қимыл атауы; қапқа салғызу.*

**ҚАПТАТУ**[2] *Қаптат*[2] *етістігінің қимыл атауы; заттың бетін басқа бір нәрсемен көмкерту, әшекейлету.*

**ҚАПТАТУ**[3] *Қаптат*[3] *етістігінің қимыл атауы; жыпырлату, толтыру.*

**ҚАПТАУ**[1] *Қапта*[1] *етістігінің қимыл атауы; қапқа салдыру, қапқа салғызу*

**ҚАПТАУ**[2] *Қапта*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ағаш бұйымдары мен бөлшектерінің сыртқы көрінісін жақсарту мақсатында, оларға сына немесе басқа да қаптау материалдарын желімдеу.* **2.** қ ұ р. *Плиткамен қаптау; үйлердің (асүйдің, жуынатын бөлменің, әжетхананың) ішкі қабырғалары мен едендеріне әсемдік беру мақсатында керамик, жылтыр тақташа плиткалар жапсыру.* **3.** *Өте берік, қышқылға төзімді құрал-сайманның кескіш бөлігіне металл балқыма қабатын енгізу.* **4.** *Бір нәрсенің сыртына қап кигізу.*

**Қаптау материалдары.** қ ұ р. *Ғимараттардың т.б. құрылыстардың іші-сыртын қаптауға арналған табиғи не жасанды құрылыстық материалдар.*

**ҚАПТАУ**[3] *Қапта*[3] *етістігінің қимыл атауы; жыпырлау, топтау.*

**ҚАПТАУЛЫ** с ы н. *Қапталған, қаптап қойылған.*

**ҚАПТАУШЫ** з а т. *Қапталатын, жапсырылатын, сыртынан киілетін зат.*

**Қаптаушы эмальдар.** х и м. *Астарланған қабат бетіне қондырылатын эмальдар.*

**ҚАПТЕСЕР** з а т. з о о л. <лат. mus musculus> *Тышқан тәрізділер тұқымдасының бір түрі.*

**ҚАПТЫ** с ы н. *Қабы бар, қапталған.*

**ҚАПТЫҒУ** *Қаптық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАПТЫҚ=** е т. *Беталды ұрыну, соқтығу.*

**ҚАПТЫР**[1]**=** е т. *Қиюластыру, жымдастыру.*
**ҚАПТЫР**[2]**=** е т. *Итке тістету, талату.*
**ҚАПТЫРМА** з а т. э т н. *Әйелдер киімінің екі өңірін қаусырып, іліп тұратын күміс ілгек, қапсырма.*
**ҚАПТЫРУ**[1] *Қаптыр*[1] *етістігінің қимыл атауы; қиюластыру.*
**ҚАПТЫРУ**[2] *Қаптыр*[2] *етістігінің қимыл атауы; итке талату.*
**ҚАПУ** з а т. е с к і к і т. *Есік, қақпа.*
**ҚАПУС** з а т. е с к і к і т. *Қақпа, дарбаза.*
**ҚАПША** ү с т. *Қап тәріздендіріп, қапқа ұқсатып.*
**ҚАПШЫҚ** з а т. **1.** *Азық-түлік немесе басқадай заттарды салуға арналған ыдыс, кішірек қап.* **2.** с ө й л. ***Жолдорба.*** **3.** *Ұн, бидай, күріш т.б. сияқты сусымалы азық-түлік салынған қап.*
**Қапшық түбін қағып.** *Түк қалдырмай, ең соңғысына дейін алып.*
**ҚАПШЫҚТАП** ү с т. *Қапшық-қапшық етіп, аямай, молдап.*
**ҚАПЫ**[1] ү с т. **1.** *Босқа, құр.* **2.** *Асығыс, қалай болса солай. // Тар, қиын-қыстау.* **3.** *Аңдаусыз, қамсыз, ойламаған жерден.*
**Қапы болды [кетті, өтті].** *Аңдаусызда, қамсызда, білмей жіберіп алды.* **Қапы жібермеді.** *Көз жазбады, мүлт жібермеді, аңдыды.* **Қапы қалды.** а) *Өкінді, опық жеді.* ә) *Күтпеген, ойламаған жерде, абайсызда ұрынды.* **Қапы соқтырды [ұрғызды].** *Сан соқтырды, өкіндірді, опық жегізді.*
**ҚАПЫ**[2] з а т. *Ыңғай, рет, сәт, кезек.*
**Қапысын тапты.** *Кезін келтірді, сәтін түсірді.*
**ҚАПЫДА** ү с т. *Абайсызда, аңдаусызда; қапылыста.*
**Қапыда басты [бас салды].** *Аңдаусызда, тұтқиылда ұстады.* **Қапыда кетті.** *Арманда қалды, қыршын кетті, өлді.* **Қапыда қалды.** *Аңдамай өткізіп алды, жіберіп алды.* **Қапыда өлді.** *Ойламаған жерден мерт болды.* **Қапыда өтті.** *Білінбей аңдаусызда, бейқам кезде өтіп кетті деген мағынада.*
**ҚАПЫДАН** ү с т. *Күтпеген жерден, кенеттен, тұтқиылдан, тосыннан.*
**ҚАПЫЛ** [ар. غافل] ү с т. **1.** *Әбігерленіп, абыңкүбіңі шығып; жанталасып.* **2.** *Аяқ астынан, кенет, оқыс.*
**Қапыл қалды [болды].** *Опық жеді, өкінді.*
**ҚАПЫЛ=** е т. ж е р г. *Әбігерге түсу, асыпсасу.*
**ҚАПЫЛАҢ=** е т. *Қапта, қапқа сал.*
**ҚАПЫЛАТ** з а т. е с к і к і т. *Өкініш, қапылық.*
**ҚАПЫЛДЫҚ** з а т. *Қапы қалушылық, опық жеушілік.*
**ҚАПЫЛ-ҚҰПЫЛ** ү с т. *Асығыс-үсігіс, асып-сасып.*
**ҚАПЫЛТ=** е т. *Әбігерге салу, әуре-сарсаңға түсіру.*
**ҚАПЫЛТУ** *Қапылт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАПЫЛУ** *Қапыл етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАПЫЛЫҚ** з а т. *Қапы қалушылық, өкініш.*
**ҚАПЫЛЫС** ү с т. **1.** *Асығыс-үсігіс, асыпсасып.* **2.** *Ойламаған жерде, аңдаусызда.*
**ҚАПЫЛЫСТА** ү с т. *Абайсызда, аңдаусызда, тосыннан, кенеттен.*
**ҚАПЫРЫҚ** с ы н. **1.** *Тымырсық, ыстық; қапас.* **2.** а у ы с. *Ауыр, зіл, қайғылы. // Ауыр, еңсені басатын ой.*
**Қапырық атты [тартты].** *Қапырықтанды, ысыды.*
**ҚАПЫРЫҚТАН=** е т. **1.** *Қатты ысу, тымырсықтану.* **2.** а у ы с. *Қайғы, уайым күшею.*
**ҚАПЫРЫҚТАНУ** *Қапырықтан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАПЫРЫҚТАУ** с ы н. *Тымырсықтау, ыстықтау, қапастау.*
**ҚАПЫРЫҚТЫҚ** з а т. *Тымырсықтық, ыстықтық.*
**ҚАПЫС**[1] з а т. е с к і к і т. *Амал, әдіс.*
**ҚАПЫС**[2]**: қапыс болды.** қ а р а п. *Қапы кетті.*
**ҚАПЫСТА** ү с т. *Қапияда, кенеттен, күтпеген жерден, байқаусызда.*
**ҚАПЫСЫЗ** ү с т. **1.** *Мүлтіксіз, қалт жібермей.* **2.** *Қалтқысыз, риясыз, адал, шынымен.* **3.** *Тиянақтап, мұқияттап, әбден.* **4.** *Алаңсыз, қамсыз, бейқам; қаннен-қаперсіз.*
**Қапысыз болды.** *Өкінбестей, қапы қалмайтындай болды.* **Қапысыз қалды.** *Арманда кетті, қапы қалды.*
**ҚАПЫСЫЗДА** ү с т. *Абайсызда, аңдаусызда, кенеттен.*
**ҚАПЫСЫЗДЫҚ** з а т. *Мүлт жібермеушілік, қапы қалмаушылық.*
**ҚАР**[1] з а т. **1.** *Қыста жауатын мақтаға ұқсас, ұлпаланған, ақ түсті жауын.* **2.** т е р м. *Атмосферадан түсетін әртүрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын.*
**Қар басты.** *Қар үздіксіз жауып, жерді көмкеріп тастады, көп жауды.* **Қар бекіді.** *Қар қатайды.* **Қар бұзар.** п о э т. *Тұяғы берік мініс ат.* **Қарды қапты.** *Омақаса құлады, мерт болды.* **Қар жамылды.** а) *Күн суытып қар түсті.* ә) б е й н. *Шашқа ақ түсті, ағарды.* **Қар жамылып, мұз жастанды [қар жастанып, мұз төсенді, қар құшақтап, мұз сүйді].** *Ауыр азап шекті, қиыншылық көрді.* **Қар жауды.** *Аспаннан жерге қар ұшқындап, жапалақтап түсе бастады.* **Қар жаумай, қазан ұрмай.** *Ел аман, жұрт тыныштa, еш қауіп жоқта, қапелімде.* **Қар кетпес.** *Үнемі қарлы болып тұрады, биік шың деген мағынада.* **Қар құшақтап, мұз сүйді.** *Қыс көзі қыраудa түзде болды, ауыр қиыншылық, азап көрді.* **Қар лақтырды.** *Қарды қолмен домалақтап алып атты.* **Қар оранды.** б е й н. *Қар қалың жауды.* **Қар тебу.** *Қыста жайылымға шығатын малдың тұяғымен қарды аршып, шөп тауып жеуі.* **Қар тепті.** *Мал қардың астынан шөпті аршып жеді.* **Қар тоқтатты.** е г і н ш а р. *Топырақтағы ылғал қорын арттыру және ондағы өсімдіктерге (күздік дақылдар, көпжылдық шөптер) жылы жағдай туғызу үшін егістікке қар жинады.* **Қар [мұз] төсеніп, мұз [қар] жастанды.** *Үнемі бейнет шекті, қиыншылыққа төзді.* **Қар түсті.** *Қар жауды.* **Қар үлпегі.** *Әртүрлі, көбінесе алтыбұрышты пластинка және алты сәулелі жұлдызша пішінді болып келетін, мұз кристалдары түріндегі қатты атмосфералық жауын-шашын.*
**ҚАР**[2] з а т. **1.** с ө й л. ***Қары*** *(қолдың білек пен иық аралығы).* **2.** э т н. *30-40 см-дей, адам қарындай болатын халықтық өлшем.* **3.** а у ы с. *Қол.*
**Қарына тартты.** *Туған-туысқанына, тамыр-танысына бұрды, әділдіктен тайды.* **Қары талды [салдырады, үзілді].** *Қолы талды, шаршады.*
**ҚАР**[3] з а т. э т н. *Уықтың керегеге бекітілетін жуандау жағы.*
**ҚАР**[4] с ы н. *Жеңілтек мінезді, жеңіл жүрісті (әйел). // Сорлы, бейшара, жезөкше деген мағынада әйел баласына қаратыла айтылады.*
**ҚАРА**[1] з а т. **1.** *Дәл не екені айқын емес, қарайып көрінген нәрсе; қарайған.* **2.** *Аумақ, көлем, сан, мөлшер, шама.* **3.** *Жобасы, нобайы, пошымы, түрі.* **4.** *Жеке басы, өз басы.* **5.** *Қарапайым, халық арасынан шыққан адам, қараша, халық, бұқара.* **6.** *Ірі мал: жылқы, түйе, сиыр.* **7.** *Ес, серік, тірек, сүйеу.* **8.** а у ы с. м и ф. *Жын, әбілет.*
**Қара албасты.** а) *Нағыз албасты; албастының мықтысы.* ә) д и с ф е м. *Зор, күшті, дүлей.* б) м и ф. *Жындардың ішіндегі адамға зияны өте көп, ең зияндысы.* в) м и ф. *Қараңғылық, қара ниет, қара күштің символы.* **Қара аруақ.** м и ф. *Киелі, қасиетті аруақ, ата-бабаның әріден келе жатқан киелі рухы.* **Қара базар.** с ө й л. *Жайма базар, қан базар, құмбыл базар.* **Қара басқыр!** қ а р ғ ы с. *Ісің оңбасын, жолың болмасын деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Қара бассын!** қ а р ғ. *Жолың болмасын, қырсық шалсын деген мағынада.* **Қара басты.** а) *Адасты, жаңылды.* ә) *Жолы болмады, ісі оңбады.* **Қара бастың қамы.** *Жеке басының жайы.* **Қара бастың қамын жеді [ойлады].** *Өзінің ғана пайдасын көздеді, өзінен өңгенің қамын ойламады.* **Қара басы.** а) *Өзі, жеке болмысы.* ә) *Жай бұқара, қарапайым халық мағынасында.* б) *Соқа, жеке басы, тек өзі.* **Қара басын күйттеді.** *Өз жағдайын ғана ойлады.* **Қара басын қайттады [күйттеді, көкседі].** *Басын алып қашты, өз амандығын ойлады.* **Қара [қараған қара] басыңа көрінгір!** қ а р ғ ы с. *Жаманшылықты тек өзің ғана көр деген мағынада.* **Қара басы үшін қам жеді.** *Өзінің ғана пайдасын көздеді, өзінен өңгенің қамын ойламады.* **Қара болды.** *Сүйеніш, медеу, алданыш болды.* **Қара бұқара.** *Қалың ел, қарапайым халық, еңбекші халық.* **Қара [адал қара] бітпеген.** *Тақыр кедей, адалға қарасы жоқ.* **Қараға [қарасына] ерді.** *Топқа, дүрмекке қосылды, соңына ерді.* **Қарадан туды.** э т н. к ө н е. *Қара бұқара ішінен шықты, тумысында ақсүйек емес.* **Қара көбейтті.** *Санын арттырды; қолынан келері болмаса да, көпшілікке қосылып жүрді.* **Қара көрді.** *Ес санады, пана тұтты.* **Қара көрмегір!** қ а р ғ. *Тұлдырсыз қалғыр, түк көрмегір!* **Қара көрсетті.** а) *Жырақтан көзге түсті.* ә) *Бой көрсетті, көрінді, көзге түсті.* **Қара көрінді.** а) *Бірдеңенің қарасы байқалды, қараңдап көзге түсті.* ә) *Қара басты, жаманшылыққа душар болды.* б) *Әйтеуір серік болды.* **Қара қазақ.** а) *Хан, төре тұқымынан емес, қарапайым қазақ.* ә) *Кедей, бұқара қазақ.* **Қара қалмады.** *Тұқым-тұқиян қалмады.* **Қара мал [ірі қара мал].** *Аша тұяқты ірі мал, сиыр.* **Қараң батсын [батқыр].** қ а р ғ. *Жоғал, құры деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Қараңды өшір [батыр, көрсетпе].** *Көзіме көрінбе, жоғал деген мағынада.* **Қараң өшкір [өшсін].** қ а р ғ. *Жоғалғыр, жоқ болғыр, жойылғыр!* **Қарасы батты [қарасын батырды].** *Жоғалды, зым-зия болды, құрыды.* **Қарасы жоғалды [қарасын жоғалтты].** *Көрінбей кетті, көзден таса болды, құрыды.* **Қарасынан үрікті.** *Жоқтан сескенді, босқа қорықты; алыстан көрінгеннен, көзге шалынғаннан қорықты.* **Қарасын көрді [қарасы көрінді].** а) *Төбесін көрді, нобайы көзге шалынды.* ә) *Алыстан көзі шалды, нобайынан таныды.* **Қарасын көрмеді.** *Маңайына жуымады, жоламады; жуықтамады.* **Қарасын көрсетпеді.** а) *Төбесін көрсетпеді, зым-зия жоқ болды, жоғалды; жоламады.* ә) *Ілестірмей кетті, жеткізбеді.* **Қарасын өшір.** *Көзін жой, жоғалт, құрт.* **Қарасын өшірді.** а) *Құртты, жойды, жоқ қылды.* ә) *Жоғалды, құрыды, жоқ болды.* **Қарасын үзбеді.** *Қарасынан көз жазбады, көзден таса болмады.* **Қарасын үзді [қарасы үзілді].** *Ұзады, көрінбей кетті, ғайып болды.* **Қарасы өшсін.** *Құрысын, көзі жоғалсын.* **Қарасы өшті.** *Жоқ болды, жойылды, ғайып болды.* **Қарасын батырды.** *Ғайып болды, жоғалды, тайып тұрды.* **Қарасы суалды.** *Үміті өшті, зар жылады.* **Қара таласты.** *Қабаттасты, қатарласты; тайталасты.* **Қара таныды.** *Әріп таныды, оқыды, сауаты ашылды.* **Қара тартты.** а) *Ес көрді, арқа тұтты.* ә) *Назарға алып, алаңдады.* **Қара тұтты.** а) *Ес қылды, пана көрді, сүйеніш етті.* ә) *Аза тұтты, қайғырды.* **Қара ұлы.** *Жарлы-жақыбай, кедей топтан шыққан адам.* **Қара үзді.** а) *Көзден таса болды, ұзап кетті.* ә) *Ұмыт болды, алыстады.* **Қара үздірді.** *Көзден таса қылды, жым-жылас етті.* **Қара үзіп қалды.** *Көз жазып қалды, жоғалтты, ізінен адасты.* **Қара үзіп шықты.** *Озды, топтың алдына түсті, жеке шықты.* **Қара халық.** а) *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.* ә) *Бұқара, қалың ел, жұртшылық.* б) *Қараңғы, оқымаған, сауатсыз бұқара.*
**ҚАРА**[2] с ы н. **1.** *Күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу). //* э т н. *Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім.* **2.** а у ы с. *Арам, қаранилет, зұлым.* **3.** а у ы с. *Теріс, қисық.*
**Қара ағаштай қатқан.** б е й н. *Жіңішке, шидей.* **Қара ажырық.** б о т. *Астық тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік; қара шағыр.* **Қара азық.** *Ет-майдан басқа тамақ.* **Қара айғыр [арғымақ].** қ а р а п. б е й н. *Паровоз.* **Қара ақсақ.** в е т. *Жылқы аяғына зақым келіп, ісіп ауруы.* **Қара ала қарбыз.** с ө й л. *Қарбыздың ала түрі.* **Қара алтын.** э к с п р. а) *Тас көмір.* ә) *Мұнай.* **Қара аспан айналып түскір!** қ а р ғ ы с. *Басыңа қара күн түсын!* **Қара аспандай түнерді.** *Түңілді,*

*күңіренді.* **Қара аспанды жауға [суға] алдырды.** *Ақырзаманды төндірді, қауіп-қатерді өсіріп айтты; асқындыра айтты, түңілді.* **Қара аспанды жаудырды [түсірді].** а) *Күдер үзіп, түңіле сөйледі.* ә) *Қай-қайдағы пәлені айтты, жоқ бәлені төндірді.* **Қара аспанды [бұлтты] төндірді.** а) *Күш көрсетті, қорқытты.* ә) *Пәле-жаланы молайтты, жаманға жорыды, үрейлендірді.* **Қара ауыз.** т а б у . *Қасқыр.* **Қара аю.** з о о л . *Таулы, орманды жерлерді мекендейтін, сүтқоректілер тобына жататын, қара түсті жыртқыш аң.* **Қара байлады [тікті].** к ө н е . а) *Кісісі өлген үйдің (ауылдың) қайғы-қасірет белгісі (қара мата, қара киім т.б.) туралы айтылады.* ә) *Қара шүберек байлап, аза тұтты.* **Қара байланғыр!** қ а р ғ . *Біреуің өліп, аза тұтқыр; иесіз қалғыр деген мағынада.* **Қара байрақ.** э т н . *Қазалы үйге тігілетін жалау.* **Қара бақыр.** *Жай металдан, жезден, мыстан жасалған ұсақ тиын-тебен.* **Қара бақырлық.** *Түкке тұрмайтын, салмағы, құны жоқ.* **Қара бала.** э т н. *Ауыл баласы; қазақтың баласы.* **Қара барқыт.** п о э т . *Жібектей, жұмсақ, жайлы.* **Қара батпақ.** *Ми батпақ.* **Қара бетіне түкірді.** э т н . *Еліне, айналасына опасыздық жасаған адамды жек көруді, елден аластатуды білдіретін көне ырым; жеккөрінішін, жиркенішін білдірді.* **Қара болат.** э к с п . *Жай, өңделмеген болат.* **Қара боран.** *Түтеген шаңды аспанға көтеретін боран.* **Қара борандатты.** *Ашуланды, бұлқан-талқан болды, сөзбен бастырмалатты.* **Қара борбай.** а) *Жалаң аяқ, жалаң бұт, борбайын күн қақтаған.* ә) *Тақыр кедей, қара табан.* **Қара бурыл.** *Ақшыл тарта бастаған қара түс, қарасы басым бурыл.* **Қара бұжыр.** *Беті тегіс емес, шешек дағы бар, өңкиген, түсі қара (кісі).* **Қара бұйра.** а) *Қара түсті бұйра (елтірі).* ә) *Есілген, құнарлы (топырақ).* б) *Будақтаған қою, қара қошқыл (түтін).* в) *Қалың, толқындаған.* **Қара [көк] бұйра насыбай.** *Жіңішке түтік қалыптан шыққан бөртпе насыбай.* **Қара бұлт.** *Күн райы бұзылар алдында аспанда пайда болатын түйдек-түйдек қою бұлт.* **Қара бұлт қанат қақты.** б е й н . *Аспанда қалың қара түсті бұлт қаптады, бұлт қоюлана түсті.* **Қара бұлт қасын керді.** б е й н . *Қалың қара түсті бұлт түнеріп, жаңбыр жауып кетті.* **Қара бұлттай қайғы.** *Өте үлкен, ауыр қайғы.* **Қара бұлттай қаптады.** *Қарақұрым болды, сансыз көп келді.* **Қара бұлтты тұтты.** б е й н . о к к а з . *Бұлттың күшін, судың күшін пайдаланды, тұтынды.* **Қара бұлтты түрді.** б е й н . *Түнерген қою қара бұлттың арасынан көрінді, бұлтты сейілтіп жіберді.* **Қара бұлт үйірілді.** а) *Аспан түнерді, бұлт қоюланды, жаңбыр жауууға аз қалды.* ә) *Қиыншылық келді, қиын-қыстау кезеңге тап болды.* **Қара бұрыш.** а) ө с. <лат. pipera nigrum> *Жылы жақта өсіп-өнетін бұрыш тұқымдасына жататын көпжылдық шырмауық тәрізді өсімдік.* ә) т а м а қ . *Қара бұрыш өсімдігі жемісінен кептіріп алынатын дәмдеуіш ретіндегі дән және дәннің ұнтағы.* **Қара білек.** *Қара күштің иесі.* **Қара дақ.** *Жағымсыз, ұнамсыз іс, қылық, жағдай, сезімнің т.б. қалдырған теріс әсері, көңілге келтірілген, түскен қаяу.* **Қара дауыл.** а) *Жолында бәрін ұшырып, шаңды, қарды бұрқыратып әкететін екпінді қатты жел.* ә) б е й н . *Қиыншылық, тауқымет.* б) *Ашу, ыза екпіні.* **Қара дауылдай.** а) *Қара дауыл сияқты.* ә) *Қаһарлы, сусты.* **Қара дауылдатып.** *Екпінді, ызғарлы желдің соғуы.* **Қара дауына басты [қара дауын қозғады].** *Ескі әдетіне басты, көне сарынға салды.* **Қара домалақ.** *Аласа бойлы, қара өңді, томпиған.* **Қара домалақ бала.** э т н . *Іш тарту, жақын көру, жақсы көру мағынасында «қазақтың баласы» деген мағынада айтылатын сөз.* **Қара домбыра.** э т н . м у з . *Көне шанағын жалпақ қалақша етіп ағаштан ойып жасаған, 8-9 перне қадалған, мойыны қысқа, ақын-жырау, салсерілер ұстаған шағын, қарапайым домбыра.* **Қара есекке теріс мінгізді.** *Өсекке таңды, атына кір келтірді.* **Қара ет.** а) *Майсыз ет.* ә) *Құр ет, қамыр қосылмаған таза ет.* **Қара етті.** *Қара еті мол; семіз емес.* **Қара еті жыртылды.** *Денесі ауырды, бұлшықеті сыздап көтертпей қалды.* **Қара жақты.** *Нақақ айыптады, жала жапты.* **Қара жамалдатсын.** қ а р ғ . *Есекке немесе жылқыға айтылатын, «жамалдат ауруы келсін» деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Қара жамбы.** з е р г . *Көптен келе жатқан күміс құймасы.* **Қара жамылғандай.** *Түнеру, қайғы жұту, азалы болу.* **Қара жамылды.** э т н . а) *Ері, жанашыры өлген әйел басына, үстіне қара түсті киім киіп, аза тұтты.* ә) п о э т . *Қазаның артын жоқтады, қайғыға батты.* б) *Кісісі өлді, жақын адамынан айырылды.* ә) б е й н . *Қараңғылық басты, түнжырап түнерді.* **Қара жамылдырды.** *Қайғы-қасіретке ұшыратты, шерменде қылды.* **Қара жаңбыр [жауын].** *Күздігүнгі нөсер, суық жаңбыр.* **Қара жапалақмұрын жарқанат.** з о о л . <лат. hipposideros fuligihosus> *Қолқанаттылар отрядына жататын жануардың бір түрі.* **Қара жапты.** *Жала жапты, жамандық таңды.* **Қара жарғақ.** э т н . *Құлын терісінен жасалған киім, тайжақы.* **Қара жарыс.** а) э т н . *Жай жарыс, бәйгесіз жарыс; атжарыстың бәйге, жүлде тігілмейтін түрі.* ә) *Байқау, барлау ретіндегі шағын сынақ.* **Қара жау.** *Қас дұшпан.* **Қара жауыр.** *Мезі қылған, ығыр еткен (сөз, әңгіме).* **Қара жаяу.** а) *Аяқ артары жоқ, көліксіз.* ә) *Түгі жоқ, тақыр кедей.* б) *Жай ғана қарапайым.* **Қара жаяу емес.** *Мақұрым, құралақан емес; өзіндігі бар.* **Қара жаяу болып шықпады.** *Құралақан емес, құралақан болмады.* **Қара жаяу қалмады.** *Құр қалмады, құралақан қалмады, олжалы болды.* **Қара жел.** *Әдетте күздігүні болатын құрғақ, суық жел.* **Қара желек жамылды.** э т н . *Ері өлген әйел басына қара орамал жамылып, жылап жоқтау айтты, ерін аза тұтты.* **Қара желін.** *Тасбауыр, мейірімсіз, итмінез әйел туралы.* **Қара жемсаулы тырқылдақ.** з о о л . *Жемсауы қара түсті торғайдың түрі, жыл құсы.* **Қара жер.** а) *Қарсыз жер.* ә) б е й н . *Қойны суық жер, қабір.* б) б е й н . *Өлім, қаза.* в) п о э т . *Тіршілік көзі, нәрі, өмір арқауы.* г) *Соқа тимеген, игерілмеген, тың жатқан жер.* ғ) б е й н . *Жер, жер беті.* **Қара жер айырды.** *Өлді, қаза болды.* **Қара жер алды.** *Өлді, көз жұмды.* **Қара жер болды.** а) *Тапталды, тып-типыл болды.* ә) *Қатты ұялды.* **Қара жерге кіргізді.** *Көзін құртты, жоқ қылды.* **Қара жерге қан қатты.** *Үлкен соғыс болды, қан судай ақты.* **Қара жерге отыртты [қаратты].** *Ұятқа қалдырды, масқара етті.* **Қара жерге тықты.** *Масқара етті, ұятқа қалдырды.* **Қара жердей болды.** а) *Қапа болды, тауы шағылды.* ә) *Қатты ұялды, бетінен оты шықты.* **Қара жердей асылын ішке бүккен.** о к к а з . б е й н . а) *Бар кен байлығын, құнды кенішін тереңде сақтаған жер сияқты.* ә) *Басқадан қорғаштап аялаған сырын ішінде құпия ұстаған адамдай.* **Қара жердің қойнына кірді.** *Қайтыс болды, өлді, марқұм боп кетті.* **Қара жердің қойнында.** *Өлген, қайтыс болған.* **Қара жердің қыртысын қақ айырды.** *Күш-қайрат көрсетті, аянбай еңбек етті.* **Қара жердің талысы.** *Жер қойны.* **Қара жермен тең болды.** *Қадірсіз, елеусіз, сыйсыз болды.* **Қара жер төсек болды.** а) *Басына қиыншылық түсті, зәбір-жапа шекті, жаны күйзелді.* ә) *О дүниеге кетті, молаға түсті.* **Қара жетім.** *Әкесі жоқ жетім.* **Қара жол.** а) *Ауыл ішіндегі көше-көше, үй-үйдің арасына түскен жол.* ә) *Ауыл сыртындағы мал тұяғы салған ұзақ, сүрлеу жол.* б) *Жүргінші көп жүретін қаланың негізгі көшесі, даңғыл, бас жол.* **Қара жолақ.** *Қара сызықтары (жолдары) бар.* **Қара жон.** а) *Дәл жон, арқа жон.* ә) *Қайратты, мығым, қажырлы.* **Қара жорға.** э т н . *Әдетте жорыққа, алыс жолға мінетін шыдамды, жүрісті, күшті ат.* **Қара жорға атты теңселтті.** *Қара жорға мінді, сән-салтанат құрып жүрді.* **Қара жорға [ат] бос келді.** п о э т . *Алыс жолға кеткен адам оралмады, жорыққа аттанған жауынгер қаза болды.* **Қара жорға [ат] мінді.** э т н . а) *Қыз ұзатылып, күйеуінің жұртына аттанды, алыс жолға шықты.* ә) п о э т . *Жорыққа аттанды, соғысқа, майданға кетті.* б) *Ерекше сән-салтанат құрып, жұрт алдында өзінің дәулетін, мәртебесін көрсетіп өзгешеленіп жүрді.* **Қара жортуыл.** *Ұзақ, тоқтаусыз жүріс, тынымсыз жортуыл.* **Қара жұдырық.** а) *Қара күш, білек күші.* ә) *Ойсыз, ақылсыз, әншейін қара күш, дөрекі, ожар басынушылық.* **Қара жұмыс.** а) *Қол күшімен істелетін ауыр еңбек.* ә) *Азабы көп, бейнетті, адамды титықтатып тоздыратын ауыр жұмыс.* **Қара жұмысшы.** *Дене еңбегімен күн көретін, ауыр жұмыста істейтін адам.* **Қара жұрт.** э т н . а) *Қалың бұқара, қарапайым халық, қара халық.* ә) *Атамекен, өсіп-өнген байырғы мекен, ескі қоныс.* **Қара жүз.** *Ел алдында барлық сенімнен айырылған, елдің қарғысына қалған жауыз, ұятсыз, арсыз адам.* **Қара жүзбайдың үйіне қонғанша, сары жүзбайдың жұртына қон.** *Пейілі тардың балын ішкенше, пейілі кеңнің қара суын іш деген мағынада.* **Қара жүзген.** ө с. <лат. aculeatum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Қара жүнді қарға.** б е й н . *Түкке тұрғысыз бейшара деген мағынада.* **Қара жүрек.** б е й н . *Опасыз, қаныпезер, қатал.* **Қара жылан.** б е й н . *Сұм, сұрқия адам.* **Қара зығыр бүргесі.** з о о л . <лат. longilarsusparvulus Payk> *Ұзындығы 1,2–1,5 мм болатын қара түсті бүрге.* **Қара ит те пайғамбарға абалады.** *Надан адам надандығын көрсетпей тұрмады [Ежелгі аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбарға абалап үрген итке: «Бұл – пайғамбар емес пе?» дегенде, ит: «Өзім де білем, бірақ ит атым ұмытылмас үшін үріп тұрмын», – деп жауап берген екен].* **Қара итті аламанға қосам ба?** с ө й л . қ а р а п . *Бәйге атым жоқ, жарысқа шабан-шарғақты қоспаймын деген мағынада (кейігенде айтылады).* **Қара кәмшат.** а) з о о л . *Жүні қара, терісі аса бағалы аң.* ә) *Кәмшаттың жүні қара түсті аса бағалы терісі немесе содан жасалған баскиім, киім.* **Қара кедей.** *Түгі жоқ кедей, жарлы.* **Қара кезқұйрық.** з о о л . <лат. milvus korschun> *Қаршығатұқымдастарына жататын ірі жыртқыш құстың бір түрі.* **Қара келсін.** ж е р г . қ а р ғ . *Маңдайыңа қара тігілсін деген қарғыс.* **Қара кер.** а) *Түгінде қара қылшығы басым құла мен күреңнің арасындағы түс (жылқыға қатысты). // Қара кер жылқы, ат.* ә) *Күрең түсті.* **Қара кесек [ет].** а) *Майы жоқ сұрпы ет.* ә) *Жай, орта шаруа, орта тұрмысты.* **Қара кешке.** *Кешке дейін.* **Қара киген арудай.** б е й н . *Мұңлы, қайғылы әйелдей.* **Қара киді.** *Аза тұтты, дүние салған кісіні жоқтап, қайғырды.* **Қара көбең.** *Іңір қараңғысы, ала көбең.* **Қара көбең тартты.** *Бұлдырады, күңгірттенді.* **Қара көже.** *Құнары төмен, кедей-кепшіктің асы; қатықсыз көже.* **Қара көз.** с ө й л . а) *Ұлты қазақ, ауыл қазағы.* ә) п о э т . *Ағынан қарасы мол, әдемі көз.* **Қара көзді.** *Көздері қап-қара, ағынан қарасы мол, әдемі көзді.* **Қара көз қарындас.** *Қандас қазақ, бір ұлт өкілдері, нәсілдік, ұлттық белгісіне қарай қазақтарға қатысты қолданыс.* **Қара көк.** а) *Қара мен көктің аралығындағы түс.* ә) *Қоңырға ұқсас жылқының түсі. //Түсі қоңырға ұқсас жылқы.* б) э т н . *Байырғы кезде текті әулеттен шыққандар мінетін жылқы.* в) э т н . *Текті, тегі асыл, текті әулеттің ұрпағы.* **Қара көктің тұқымы.** э т н . *Асыл тұқымды, текті.* **Қара көкірек.** *Пиғылы жаман, арам ниет.* **Қара көл.** *Өзен, жылға құймайтын, суы жер астынан шығып жататын көл.* **Қара көмбе.** к ө н е . *Тұрақты мекен, жай.* **Қара көңіл.** а) *Қайғылы, шерлі, қам көңіл.* ә) *Ойсыз, ақылсыз, пасық.* б) *Көңілсіз, мұңлы, алаңдаулы.* в) *Надан, топас, пасық.* г) *Арам, зұлым, қараниет.* **Қара көрдей.** *Тастай суық әрі қараңғы.* **Қара күз.** *Күздің ортасынан асқан шеніндегі суық мезгіл, нағыз күз, суық күз.* **Қара күйе жақты.** *Масқаралады, абыройын кетірді.* **Қара күйе жапсырылды.** *Жала жабылды, қараланды, кінә тағылды.* **Қара күн.** *Қиыншылық кез, ауыр кезең.* **Қара күн [күнді] басқа салды.** *Ауыр сынаққа түсті, қиындықты көрсетті.* **Қара күнді жамылып, қара түнді басынан кешті.** п о э т . *Үлкен зобалаң көрді, зорлыққа ұшырады, қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді, басына қауіп-қатер төнді.* **Қара күн туды.** *Ауыр азапқа ұшыра-*

ды; қиыншылыққа, қиын-қыстау кезеңге тап болды. **Қара күн тудырды**. Қиындық көрсетті, азапқа салды. **Қара күң.** Ауыр, қара жұмыста жүретін басыбайлы күң. **Қара күңгірт.** а) Қара қошқыл. ә) Қарауытқан, қараңғы. **Қара күрең.** Қоңырқай, қарауытқан, қошқылданған түс. **Қара күреңденді.** Қарауытты, қара қошқылданды. **Қара күрең тартты.** Қарауытты, қошқылданды, қарайды. **Қара күш.** а) Бойдағы мол қуат, зор, дүлей күш. ә) Ожарлық, зорлық, дөрекілік. б) Ойсыздық, құр күшке салушылық, ақылсыздық. в) Қаумалаған қара нөпір топ, сауаты төмен, білек күшіне сенген, басшысы жоқ қараңғы топ. г) миф. Дүлей күш (албасты, пері, жын-шайтан). **Қара күшке салды.** а) Ешбір әдіс-айласыз, жай күшке, дене қайратына сүйенді. ә) Зорлық жасады, белден басты. **Қара қабақ.** Түнеріңкі, түнжыраған; көңілсіз күй. // Сұрқай, түнерген, түнжыр. **Қара қабырға.** Қой-ешкінің 2-5 қабырғалары. **Қара қазан.** а) Кәдімгі күнде ошаққа асылып жүрген қазан. ә) Сараң, шығайбай. **Қара қазан бай.** Кедейден байыған сараң бай; қатардағы кісілерден шыққан шықбермес шығайбай. **Қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма?** көне. Толғатқан әйелге айтылған ырым сөз. **Қара қазандай.** Үлкен. **Қара қазандай сәлде.** бейн. Қоқиған үлкен сәлде. **Қара қазанның қайғысы [қамы].** Отбасының ішінжемі, күн көріс жайы. **Қара қазан, сары бала.** Бала-шаға, отбасы, жақын-туыс. **Қара қазан, сары [сар] баланың қамы.** этн. а) Тіршілік, күнкөріс, отбасы қамы. ә) Бала-шаға өмірі өксімеуін, отбасы адамдығын қорғаштау мағынасында. б) Ел-жұрттың амандығы, игілігі, тыныштығы [Қара қазан шаңырақтың құты, ризығының, молшылық, тоқшылықтың; сары бала ұрпақ жалғастығының, артта қалған тұяқтың амандығының символы ретіндегі қазақ халқының құндылықтары ел қамын ойлағанда жоғары бағаланғанын білдіреді]. **Қара қазан, сар[ы] баланың қамын ойлады.** Бала-шаға амандығын, отбасының өксімеуін ойлады. **Қара қазан, сары баланың қамы үшін.** Үй ішінің жайы, тіршіліктің қамы үшін. **Қара қайғы.** Қасірет, тауқымет. **Қара қайыс.** а)Күнге күйген, тырайған, арық. ә) Үнемі жұмысқа салынғандықтан, жүні түсіп қалатын түйе. **Қара қайыс болды.** Тарамысша қатты, қарайды, қаңсыған сірідей сіресті. **Қара қайыс боп қатты.** Қаңсыған сірідей сіресті, қарысып айырылмады. **Қара қалмады.** Тұқым-тұқият қалмады, құрып кетті. **Қара қамшы.** Қара күш иесі, қаһарлы, өктем адам. **Қара қан.** Қою, түсі күңгірт қан. **Қара қан боп қатты.** Жүрегіне кек боп байланды. **Қара қанға батысты.** бейн. Қан-жоса болғанша соғысты, кескілескен ұрысқа түсті. **Қара қаптал.** Жылқының желдік астына келетін қабырға тұсы. **Қара қарақат.** өс. <лат. ribes nigrum> Тасжарғандар тұқымдасы қарақат туысына жататын жемісі тәтті, аспаздық әрі дәрілік мақсатта қолданылатын бұта. **Қара қарғадай.** жағымсыз. Ұсқынсыз, сұрықсыз, дөрекі. **Қара қарғадай қаптады.** Көп болып келді, құжынады. **Қара қарғадай шулады.** Бей-берекет шулады, жамырады. **Қара қарғаның адастырмасы.** Қазан айының аяғында қара қарғалардың көк жүзін қаптай топтанып, у-шу болып ұшатын кезі [Қарға балапандарын өсіріп, қанаттарын қатайтқан соң, қазан айының аяғында топтанып жүрген өзге қарғалардың арасында балапандарын адастырып кетеді, ал балапандары ары қарай өз бетімен күн көреді]. **Қара қарын.** а) Жылқының іш ауруы. ә) Шиеттей бала-шаға. **Қара қасқа.** а) Денесі тұтас қара, маңдайы ғана ақ (мал). ә) сөйл. Кейігенде немесе сүйсінгенде «бейшара, байғұс, сабаз» деген мағынада айтылатын сөз. **Қара қасқа кедей [жарлы].** Тақыр кедей, дымы жоқ жарлы. **Қара қасқа қылды.** бейн. Дулығасын қанға бояды, кескілескен қан-жоса ұрысқа түсті. **Қара қатқақ.** а) Жер беті тобарсыған, тоңазып қатқан жер. ә) Жауын-шашын тоқтап, жер тоңазып қатып қалған суық күн райы. **Қара қатқақ болды.** Жер әбден құрғап, кеуіп кетпей, тоңазып жатты. **Қара қатқақты.** Тоңазыған, қатқан (қаар жер). **Қара қи.** этн. Малдың отын ретінде кептіріп пайдаланылатын көп жатқан қиы. **Қара құл.** Бас еркі жоқ, қара жұмысқа салынған құлақ кесті құл. **Қара құмақ.** Жылқының қар астында қалған, көктемде тез кебетін тезегі. **Қара құн.** этн. Кісі өлтірген айыпты жақтың марқұмды жерлеудің қаралы рәсімін өткізу үшін беретін құн сыртындағы айыбы. **Қара құрлық.** газети. Қара нәсілділердің атамекені болған Африка құрлығы деген мағынада. **Қара құрт.** этн. тамақ. Қатты ашыған іркіттен қайнатылған қатты, түсі қаралау құрт. **Қара қыз.** этн. Қазақтың қарапайым қызы, ауылдың тәрбиесін көрген қазақ қызы. **Қара қылды қақ жарған [тілген].** Өте әділ, адал, турашыл. **Қара қылды қақ жарды.** Істің әділдігін айтты, турасын айтты. **Қара қылды қырыққа бөлді.** Әділ төрелік айтты, әділ болды. **Қара қылшық күзен.** аңш. Аң терілерінің ішіндегі ерекше әдемісі, аса бағалысы. **Қара қыр.** Ұзаққа созылған аласа таулар мен үстірттер қатары. **Қара қырғыз.** Қырғыз. **Қара қытай.** сөйл. ***Қарақидан*** (моңғол тілді қидандардың орта ғасырдағы Шығыс жазбаларындағы атауы). **Қара лашық.** а) Ескі-құсқы, құрым киізден ілдалдалап жасаған кішкентай баспана. ә) Туған үй, босаға. **Қара лашын.** этн. саят. Аңды теуіп алатын мықты қыран құс, лашынның күштісі. **Қара мақпал.** поэт. Қара мақпал сияқты бұйра, жұмсақ, жайлы. **Қара мал.** а) Сиыр. ә) Қыс түскенде де тұяғымен қар астындағы шөпті қазып, жайыла беретіндіктен, ақ мал атанған жылқыдан басқа қалған төрт түлік мал. **Қара маңдай.** Дәл қақа маңдай, қақ маңдай. **Қара мен төре.** көне. Қарасүйек, ақсүйек қауымдары. **Қара металл.** а) Темір, шойын, болат. ә) кен. Темір және оның қорытпаларының өндірістік атауы. **Қара металлургия.** кен. Қара металды өндіру, өңдеу саласы. **Қара металлургия өнеркәсібі.** кен. Кенді және кені жоқ шикізаттарды қазып алатын және байытатын, отқа төзімді материалдарды, кокс-химия өнеркәсібі т.б. өнімдерін өндіретін ауыр өнеркәсіп саласы. **Қара мойыл.** Мойылдың бір түрі, кәдімгі мойыл. **Қара мұлғын.** Қою, қалың, көз тұмшалаған (тұман, бұлт туралы). **Қара мұң.** Шерлі, қайғылы мұң. **Қара мұрт**. Мұрты қап-қара. **Қара мылтық**. этн. Білтелі мылтық, шиті мылтық. **Қара найза**. этн. Үлкен, ауыр, мықты найза. **Қара найза жазасы**. этн. Соғыста опасыздық жасағандарға, жаудан қашып, жауынгерлерді дүрліктіргендерге қолданылған қазақ елінің ғұрпында ежелден бар жаза түрі. **Қара нан.** тамақ. а) Қара бидай ұнынан жасалған, дәруменге бай ұн тағамдарының бірі. ә) Сапасыз ұннан жасалған нан. б) экспр. Адамның ең негізгі қасиетті де қадірлі азығы, бейнетті еңбегінің зейнетіне берілген ризығы. **Қара нар.** а) этн. Түйенің ең күштісі, мықтысы. ә) этн. Ескі уақытта дәулет, салтанаттың, әртүрлі салт-дәстүр бойынша көрсетілетін сый-құрметтің бас белгі-заты ретіндегі күшті, мықты түйе. б) Қалың малға берілетін сый-құрметтің, тоғыз ішіндегі бас белгі-заты. в) этн. Айыбын өтеу үшін берілетін құнның, айып-таралғының ішіндегі бас белгі-зат. г) этн. Пұл, өтемақы немесе пара үшін берілетін құнның ішіндегі бағалысы, бас белгі-зат. ғ) бейн. Ел үмітін абыроймен арқалаған, ауыр міндетті қайыспай атқарған атпал азамат. **Қара нардай**. бейн. а) Мықты, күшті түйедей қайтпай, қайсарланып. ә) Күшті, мықты түйедей түнеріп, қатуланып. **Қара нардың қомында.** Көшпелі жағдайда. **Қара нардың сүмесі.** бейн. Күшті, мықты түйенің сүті деген мағынада. **Қара нарды шөктірді**. бейн. Мықтыны бағындырды, күштіні әлсіретті. **Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң**. поэт. Зақым көріп, залал тисе, қанша мықты болса да, күш-қайратынан айырылады деген мағынада. **Қара нар, қалы кілем**. көне. этн. Ескі уақыттағы байлық салтанаттың, көрсетер сый-құрметтің, берілер айып-таралғының бас белгі-заты. **Қара нарым**. экспр. Қайсар, қайраттым, арқасүйер ардақты азаматым деген мағынадағы өзінен жасы үлкен ел қамқоршысы ер адамға қарата айтылатын атауыш. **Қара нәсіл.** геогр. Экваторлық нәсілдің африкалық тармағы. **Қара нор.** а) Қалың шоғыр, қара нөпір. **Қара нөпір.** Қалың, көп. **Қара нөпір болды.** Қаптады, құжынады. **Қара нөпір қол**. көне. Көп қол, қаптаған, қалың әскер. **Қара нөсер.** Қатты жауған, шелектей құйған жаңбыр. **Қараңа жайылсын**. қарғ. Қаралы киімің болсын деген мағынадағы дұшпанына өлім тілегенде айтылатын қарғыс сөз. **Қара оба**. этн. Моланың басына қойылған үлкен тас немесе қабірхана. **Қара орамал байлану.** этн. Қаралы болған үйдің қасына найзаға қара түсті орамал байлап 1 жылға дейін сүйеп қою рәсімі. **Қара орамал тартты.** этн. Қаралы болған үйдің әйелі мен қызы басына қара түсті орамал салды. **Қара орнынан айырылған**. Туған жерін, атақонысын қолдан шығарып алған. **Қара орын.** этн. Атақоныс, көне мекен, ескі жұрт. **Қара ошақ.** этн. Көп ұсталынған, ежелден келе жатқан ошақ. **Қара өзен.** Таудың басындағы қардың еруінен пайда болған, ағынды, долы өзен. **Қара өкпек.** Қара суық жел. **Қара өлең.** а) әдеб. Үшінші жолы ұйқасты қажет етпейтін, он бір буынды төрт жолды өлең түрі. ә) Өлең шөптің түсі қара қоңырлау бір түрі. **Қара өрттей қаптады.** Жер бетін жапты, басты. **Қара пар.** ауылшар. Тыңайту үшін жыртылған жер. **Қара пәле.** Жаманшылық, сор, ылаң. **Қара пәле басты**. Жын ұрды, албасты басты деген мағынада. **Қара пиар**. газети. Жеке тұлғалардың, топтардың мүдделері үшін біреулерге қарсы тұлға не құбылысты қаралау, беделін түсіру мақсатында дәйексіз, дәлелсіз болжам мәліметтерді тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеті. **Қара пұл.** а) Тиын, қара бақыр. ә) Алдау, арбау, тонау арқылы табылған ақша, харам ақша. **Қара саба.** этн. а) Жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған қымыз ашытатын ыдыстың көлемдісі, үлкені. ә) бейн. Үлкен, дөңкиген нәрсе. **Қара саба болмады**. бейн. Аузы аққа жарымады; ақ беретін анасы болмады. **Қара сабын.** этн. Алабота т.б. шөптердің күлін майға қайнату арқылы алынатын қолдан жасалған сабын. **Қара сақал кермиық**. Сақал қойған, дене бітімі келісті ер адам. **Қара салды.** этн. Жанашыры, азаматы, ері қайтыс болған әйел қара киім киіп, аза тұтты. **Қара сан.** Санның жуандаған жері, орта тұсы, жуан сан. **Қара санай**. этн. көне. Садақтың түрі, башқұрт садағы. **Қара сан қылды.** Әбден шаршатты, қажытты. **Қара саны талды.** экспр. Әбден шаршады, сілеледі, аяғы қатты талды. **Қара сарт.** көне. Байырғы кезде саудамен айналысқан, отырықшы, түркітілдес, шейіттік мұсылмандық ағымға жақын болған халық атауы. **Қара сирақ.** а) ***Қара сирақ бала***. ә) Кедей, жоқ-жітік. **Қара сирақ [борбай] бала**. Әлі ұлғайып жетпеген жас жеткіншек. **Қара сирақ кедей.** Түгі жоқ, сіңірі шыққан кедей. **Қара сойыл.** Үлкен, ауыр сойыл. **Қара сорпа болды.** а) Тектен-текке әлектенді, бостан-босқа шаршады, бекерге тер төкті. ә) Тер төкті, еңбектенді, бейнет шекті. **Қара сорпасын ұрттады**. Қанын ішті, есесін алды, өлігін көрмей қоймады, қазасына асылған тағамын жемей кетпеді. **Қара сорпасын ұрттат!** қарғ. Өлігін көрсет, қазасына асылған тағамды жегіз деген мағынадағы қатты ашынғанда біреуге өлім тілеуді білдіретін қарғыс сөз. **Қара су.** а) Жай, қарапайым су, қайнамаған су. ә) Басқа ас-тағамсыз құр су. б) Өзеннің суы. в) Өзеннен бөлініп қалған, ақпайтын су. г) Әр жерге жиналып қалған жаңбырдан кейінгі шалшық су. **Қара суға түсті.** Қатты терледі, терге малшынды. **Қара судан май түспес сапырғаннан**. Қанша құнын арттырғанмен, қарапайым, жай нәрсенің заты асыл болмайды деген мағынада. **Қара су да ұрттамады.** Нәр таппады, дым сызбады, татып алмады. **Қара судан қаймақ алады.** Әбжіл, жылпос, құ кісі туралы айтылады. **Қара**

**суды теріс ағызды.** *Айтқанын істетті, дегенін болдырды, үкімін жүргізді.* **Қара су жүргізу.** этн. зерг. *Күміс бетіне қара ала түсті өрнек жүргізу.* **Қара су, қара нан.** *Қарапайым тіршілік, орташа тұрмысқа жетерлік ризық, арқау болатын несібе.* **Қара сусар бөрік.** этн. *Сусардың қара түсті терісінен тігілген бағалы баскиім.* **Қара суық.** а) *Күзгі, көктемгі аласапыран кез, қара қатқақ.* ә) *Жер қара кездегі жаңбырсыз ызғарлы, суық жел.* **Қара суық қатайды.** *Қарсыз, жаңбырсыз, ызғарлы жел үдей түсті, одан бетер суық бола түсті.* **Қара суық хабары естілді.** бейн. *Күздің алғашқы суық ызғар желі соқты.* **Қара суы май болды.** *Хал-ахуалы оңалды, ризығы артты, ауқатты болды.* **Қара сұр.** а) *Сұрқай тартқан қара өңді (адам).* ә) *Қара аралас сұр (түс).* **Қара сүмек болды.** *Терге шомды, малшынды.* **Қара сіңір.** *Қайратты, күшті.* **Қара табыт.** бейн. *Өлім, қаза, көр.* **Қара таған.** а) *Қара қарға.* ә) бейн. *Өсекші, ғайбат сөйлеген адам.* **Қара тақтай.** тар. *Сауат ашып, оқу-жазуды үйретуге арналған тақтай, тақта.* **Қара тақым.** *Қара жаяу, мінерге аты жоқ кедей.* **Қара тал.** *Қаптап, қаумалап өскен қалың тал.* **Қара талдай.** *Қаптаған, қаумалаған, сансыз, көп.* **Қара талқан.** этн. *Жай, құр талқан.* **Қара тандыр.** *Суалған, қатып қалған.* **Қара тартыс.** *Топ, шоғыр күйлер.* **Қара тас.** а) *Суық, бұзуға келмейтін берік кереге (қамал).* ә) *Жай әншейін тастың өзі, құр тас.* б) *Дәу, бір орнында қозғалмай жатқан тас.* в) бейн. *Қатыгез, қатты, мейірімсіз.* **Қара тастай.** а) *Өзгермейтін, жібімейтін.* ә) *Зілдей, батпандай, тым ауыр.* **Қара тастай [қатып] жібімеді.** *Көңілі қатты суып, іші жылымады, мейірімі (еш) түспеді, қатайып, қатаңданды.* **Қара тасты балқытты.** *Тас көңілді ерітті, елжіретті.* **Қара тас үй.** бейн. *Тас түрме, абақты.* **Қара таяқ.** *Қара танитын, оқыған.* **Қара тер.** *Бұршақтаған, сел-сел тер.* **Қара тер болды.** а) *Тері сел боп ақты, қатты терледі.* ә) *Терлеп-тепшігенше жұмыс істеді, титықтады, шаршады, шалдықты.* б) *Босқа зорықты, арам тер болды, құр әуре болды.* **Қара терге малынысты.** *Тері сел болып ақты.* **Қара терге сабылтты.** *Әбден терлетті, тері судай аққанша шаршатты.* **Қара терге түсті [боялды].** *Қатты терледі, қиналды, шаршады.* **Қара терең.** *Түпсіз терең, тұңғиық.* **Қара тер судай ақты.** *Сел-сел болып терледі, малшынып терледі.* **Қара тобыр.** саяси. ескі кіт. а) *Қараңғы, сауаты жоқ, саясаттан аулақ, топбасшы не айтса соның жетегінде жүретін адамдар шоғыры.* ә) *Қарапайым халықтан, шаруа, жалшыдан тұратын топ.* **Қара тоқпақ.** сөйл. *Сауаты төмендік, қараңғылық, қара күшке ғана сүйенгендік. // Қара күшіне ғана сеніп, терең ойланбайтын, сауаты төмендеу адам.* **Қара топырақ.** а) *Жерден қатты желмен көкке ұшқан шаң топырақ.* ә) этн. *Атамекеннің, байырғы қоныстың, туған жердің топырағы.* **Қара торы.** *Бидай өңдіден гөрі қоңырқайлау түс.* **Қара торының сұлуы [әдемісі].** *Өңі ашық қоңыр, қоңырқайлардың ішіндегі келісті, реңді, ышырайлысы.* **Қара төбел.** *Маңдайында кішкене ағы бар қара түсті жылқы малы.* **Қара тұлпар.** этн. *Алыс жолға, жорыққа мінетін мықты, төзімді қазанат (мұндай ат көбіне қара түсті болып келеді).* **Қара тұман.** а) *Түнерген, түк көрінбейтін қою, қалың тұман. //Қалың, қою бу, түтін.* ә) *Өксіген өмір, қызығы жоқ тіршілік.* б) бейн. *Жанға бататын ауыр, азабы мол, үнжырғаны түсіретін, еңсені басатын.* **Қара тұман басты [орнады].** а) *Жер бетіне түк көрінбейтіндей қалың, қою тұман түсті.* ә) *Жер бетіне түнек орнады, халықтың басына қиын-қыстау заман түсті, халық күйзелді.* б) *Қаптаған қалың қол (әскер) қаумалап, жаулап алды.* **Қара тұман орнатты.** сөйл. *Күйзеліске түсірді, басына қиын-қыстау заман тудырды.* **Қара тұяқ.** саят. *Қыран құстың тырнағы.* **Қара түн.** а) *Қараңғы, көзге түртсе көргісіз түн.* ә) *Азап, қорлық, мехнат.* б) *Үнжырғаны түсіретін, еңсені басатын ауыр хал, ахуал.* **Қара түнді басынан кешірді.** *Қиындық көрді, азап шекті.* **Қара түнді жамылды.** *Түнге қалды, түнде жолға шықты.* **Қара түнді жамылып отырмын.** этн. сөйл. *Шын айтып отырмын, оллахи-білләхи, өтірік айтпаймын деген мағынадағы қарғану сөз.* **Қара түнді жолдас қылды.** *Түн қараңғылығын пайдаланып, көзден тасаланды, қараңғы түнде жасырынды.* **Қара түнді қақ жарды.** *Түнгі ащы дауыс, күшті жарық туралы айтылады.* **Қара түнек.** а) *Қап-қараңғы, көзге түртсе көргісіз түн.* ә) *Қап-қара қою, түнерген (бұлт).* б) *Тұңғиық, түнжыр, түпсіз (ой).* в) *Ауыртпалық, қайғы-қасіретке толы шақ.* **Қара түнек басты.** *Түн жамылды, қараңғы түн түсті.* **Қара түнек заман [дәуір, өмір].** *Надандық, қараңғылық, ауыр тұрмыс жайлаған әділетсіз заман.* **Қара түн жасырды.** бейн. *Түннің қараңғысында көрінбей қалды.* **Қара түтін.** *Қою түтін.* **Қара түтін қапқызды.** *Басына қара түнек орнатты, нәубет төндірді.* **Қара тізім.** *Айыптылар тізімі; кінәлі болғандар тізімі.* **Қара тікті.** этн. *Кісісі өлген қаралы үйдің оң жақ белдеуіне найзаға маркұмның тегі мен жасына қарай ақ, көк, қара қызыл, ала ту байлады [Марқұм төреден шыққан болса, ақ, көк, ала т.б. өзді-өзі тұқымының туын тігеді, ал қарадан шықса, жасына қарай жас кісіге – қызыл, кәрісіне – ақ, орта жастағы кісіге – бір жағы ақ, бір жағы қызыл ту тіккен].* **Қара тіл.** *Сөзге жүйрік, шешен, ділмар.* **Қара тірсек.** *Арық, қатпа деген мағынада.* **Қара уайым [уайымға] басты [түсті].** *Қайғырды, қайғы шалды.* **Қара уылдырық.** *Қортпа, бекіре, шоқыр сияқты бекіре тұқымдас балықтардан алынатын бағалы уылдырықтың түрі.* **Қара үзеңгі.** *Ескі, бұрыннан келе жатқан үзеңгі.* **Қара хабар.** *Жайсыз, суық, қайғылы хабар.* **Қара шай.** а) *Сүт қатпаған қызыл шай.* ә) *Басқа тамақ жоқ, құры шайдың өзі.* б) *Шығымы қызыл күрең түсті болатын шай сұрпы жапырағынан дайындалған қара түсті шай.* **Қара шайда кеспе жоқ.** *Құр шай ғана болды, дастарқан мәзірі қарапайым болды деген мағынада.* **Қара шал.** *Қартайған, арық, күнқақты болған қарт адам.* **Қара шаңырақ.** этн. а) *Бір үйдің ағайынды балалары ата-анасынан енші алысқанда кенже ұлына қалатын киелі саналатын үй, үлкен үй, бүкіл әулеттің отауларынан мәртебесі биіктеу отау.* ә) *Атадан мирас болып қалған үй, тұрғын-жай.* б) *Атадан балаға мұра болып беріліп келе жатқан қасиетті шаңырақ – киіз үй сүйегі уықтарын тұтастырып тұратын күмбез тәрізді ең жоғарғы бөлігі. [Қара шаңырақ – арғы ата үйінің ұрпақтан-ұрпаққа тапсырылып келе жатқан, берік ағаштан жасалған, салмағы ауыр, көненің көзіндей болатын әулеттің киелі мүлкі].* в) *Туған өлке, кіндік қаны тамған туған жер.* г) *Атадан мирас болып қалған жер, Отан, атажұрт, атамекен.* ғ) *Киелі мекен, көнеден бергі тарихы бар ел, жер, қала т.б.* д) *Туған ел, өз халқы.* е) *Ең алғашқы болып құрылып, өз саласында заманға қарай жетілдіріліп отыратын өзіндік дәстүр қалыптастырған бұрыннан келе жатқан әйгілі мекеме, орын, орталық т.б.* **Қара шаңырақ иесі.** этн. а) *Еншісіне атадан мирас болып келе жатқан киелі мүлік – шаңырақ, ата-ана отау үйі тиген үйдің кенжесі немесе бәйбішенің жалғыз ұлы сияқты мұрагер.* ә) бейн. *Ата-баба дәстүрін жалғастырушы, ата жолын қуушы мираскер ұрпақ.* **Қара шаңырақ көтерді.** а) *Өз алдына үй тікті, ел болды.* ә) *Ата-баба мұрасын қайта жаңғыртты, ұрпақ сабақтастығын жалғады.* **Қара шаңырақ өшті.** *Үлкен әулет құрыды, отбасымен жойылды, арғы атадан тараған ұрпақтан тұяқ қалмады.* **Қара шаңырақта қалды.** *Үлкен үйдің түтінін түтетті, ата-ананың үйіне ие болды.* **Қара шаңырақтан қан жаудырды.** *Әлегін аспаннан шығарды, екі аяғын бір етікке тықты.* **Қара шаңырақты қалдырды.** а) *Үлкен үйді мирас қылды, мұрагер етті.* ә) *Атадан мирас болып тапсырылған үлкен үйден кетті.* **Қара шаңырақтың түтінін түтетті.** *Үйлі-баранды болды, отбасын құрып, ұрпақ сүйді.* **Қара [шекпен] шаруа.** тар. *Диқан, малшы, жалшы сияқты қара жұмыспен күн көретін қарапайым жұрт.* **Қара шат.** *Терең шатқал; тау шатқалының екіге айырылған тұсы.* **Қара шаш [бұрым].** поэт. *Әдемі бұрым, арудың төгілген шашы.* **Қара шашы жайылсын!** қарғ. *Қазалы болсын деген мағынада (әйелге арнап айтылған).* **Қара шобыр.** *Қарабайыр, орта қол.* **Қара шоқпар.** экспр. *Жуан жұдырық, ұрда- жық; бүлік, сойқан.* **Қара шолақ.** *Қарапайым, қысқа, ықшам.* **Қара шығын.** тар. *Отарлаушы Ресейдің патшалық өкіметінің елден жинаған қосымша салығы, жергілікті әкімдердің «уақтүйек шығынға» деп жинайтын салығы.* **Қара шіркей.** *Қаптаған, қалың шіркей.* **Қара іңген.** *Қара түсті іңген.*

**ҚАРА...**[3] *Өсімдік, жануар, жәндік,* т.б. *атауларының құрамында кездесіп, олардың ағзасы не құрылымындағы бір бөлігінің қара түсті болып келетін түрлерін атайтын күрделі сөздердің құрамдас бөлігі.*

**ҚАРА=** ет. **1.** *Көз жіберу, көру, назар аудару.* **2.** ауыс. *Бағу, жаю (мал, құс).* **3.** ауыс. *Іздеу, іздестіру.* **4.** ауыс. *Тексеру, бақылау, ауруын байқап білу.* **5.** ауыс. *Тыңдау, құлақ асу.* **6.** ауыс. *Бағалау, елеу, ескеру, мән беру.* **7.** ауыс. *Бағыну, мойындау.* **8.** ауыс. *Аңғару, байқау, аңдап бағу.* **9.** ауыс. *Күту, тосу, бөгелу.* **10.** ауыс. *Бағып-қағу, күту, мәпелеу, баптау.* **11.** ауыс. *Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу.* **12.** ауыс. *Есептеу, санау, ойлау.* **13.** ауыс. *Ауу, беттеу, ойысу, қадам басу.* **14.** ауыс. *Арнайы сөз ету, талқылау.* **15.** ауыс. *Қарастыру, зерттеу.* **16.** ауыс. *Дәл бағытталу, тура келу.* **17.** ауыс. *Оқу, оқып шығу.*

**Қарадан қарап жүріп [отырып].** а) *Тектен-текке, құр босқа.* ә) *Өз-өзінен, әшейін-ақ.* **Қарай да қарай.** поэт. *Қайта-қайта талмай қарап.* **Қарайтын бет қалған жоқ.** *Әбден ұятты, кінәлі болып қайта көруге дәті бармады.* **Қарасаң басыңдағы бөркің түседі.** *Тіп-тік, өте биік.*

**ҚАРААҒАШ** зат. өс. **1.** *Қуаңшылыққа төзімді, қабығы қара сұр, жапырағы ұзын, діңі қатты ағаш.* **2.** терм. <лат. ulmus carpinifolia> *Шегіршін туысына жататын, қабығы қара сұр, жапырағы сағақты, қарама-қарсы орналасқан, биіктігі 30 метрдей, диаметрі 1,5 метрдей болатын ағаш.*

**Қарааағаш тұқымдасы.** бот. <лат. ulmaceae> *Негізінен ағаш, сирек бұталар түрінде кездесетін қосжарнақты гүлді өсімдіктер.*

**ҚАРААҒАШТЫ** сын. бот. *Қарааағаш өскен, қарааағашы бар.*

**ҚАРААЖЫРЫҚ** зат. өс. <лат. cynodon dactylon> *Астық тұқымдасы ажырық туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАРААЛА**[1] сын. *Ақ немесе басқа түстермен қара араласқан түстің түрі.*

**Қараала шыжық.** этн. тамақ. *Қойдың әбден шыжғырылған ішмайы мен құйрық майына ет қосып қуырып жасалатын ұлттық тағам түрі.*

**ҚАРААЛА**[2] зат. этн. зерг. *Күміс, мыс, қорғасын, күкірт қосып, балқытып, қорыту арқылы алынған қоспа (бояу).*

**Қараала жүргізу.** қолөнер. *Зергерлік бұйымның бетіне өрнек салу әдісі.*

**ҚАРААЛА...**[3] *Түсі ақшыл және қара аралас болып келетін жан-жануарлар мен өсімдіктердің күрделі атауының бірінші сыңары.*

**Қараала сиыр.** зоол. *Голланд тұқымы мен одан тараған остфриз тұқымдарының бұқаларын жергілікті сиырмен ұзақ уақыт бойы өндіре будандастыру арқылы шығарылған сүтті сиыр тұқымы.* **Қараала үйрек.** зоол. <лат. tadorna> *Үйректер тұқымдасына жататын құстар туысы.*

**ҚАРААЛҚА** зат. өс. *Жемісі қара түсті бір я көпжылдық шөптесін өсімдік, алқа өсімдігінің түрі.*

**ҚАРААЛМА** зат. өс. <лат. malus kirghisorum> *Қабығы сұр түсті, өркендері ұзын, жіңішке тікенексіз болатын алманың бір түрі.*

**ҚАРААНДЫЗ** зат. өс. <лат. inula grandis> *Күрделігүлділер тұқымдасы андыз туысына жа-*

*татын ірі жапырақты, гүлдері сары түсті, биіктігі 2,5 метрге жететін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАРААЯҚ: қарааяқ ішік**. этн. *Түлкінің бауыр аяқ терісінен істелген ішік.*

**ҚАРАБАЙ**[1] зат. зоол. <лат. plegalis falcinellus> *Дегелек тәрізділер отрядының тырнақтұтандар тұқымдасына жататын, сыртқы түрқы шалшықшыларға ұқсас, дене түрқы орташа жылтыр қара түсті құс.*

**ҚАРАБАЙ**[2] зат. *Сараң, қайырымсыз, дүниеқор адам.*

**ҚАРАБАЙДАЙ** сын. *Сараң, қайырымсыз, қатты.*

**Қарабайдай қаныпезер [сараң].** *Мейірімі жоқ, сараң адам туралы айтылады.*

**ҚАРАБАЙЛЫҚ** зат. *Қайырымсыздық, сараңдық, тасбауырлық.*

**ҚАРАБАЙЫР**[1] сын. **1.** *Қарапайым, орташа, ортақолды.* **2.** *Үйреншікті, машықты.*

**ҚАРАБАЙЫР**[2]**: қарабайыр жылқы**. малшар. *Орта Азия аргымағын, қазақы жылқыны моңғол, түркімен, араб жылқыларымен, аргымақпен будандастыру арқылы алынған салт мінуге, жүк тасуға көнбіс жылқы.*

**ҚАРАБАЙЫРЛАН=** ет. *Қарапайымдану, түрпайылану.*

**ҚАРАБАЙЫРЛАНДЫР=** ет. *Қарапайымдандыру, түрпайыландыру.*

**ҚАРАБАЙЫРЛАНДЫРУ** *Қарабайырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАБАЙЫРЛАНУ** *Қарабайырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАБАЙЫРЛАУ** сын. *Орташа, ортақол; қарапайымдау.*

**ҚАРАБАЙЫРЛЫҚ** зат. *Түрпайылық, дөрекілік.*

**ҚАРАБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. schizothorax ardentatus> *Тұқылар тұқымдасына жататын аналь тесігі мен аналь қабаты қабыршақтармен қоршалған балық.*

**ҚАРАБАРАҚ** зат. өс. <лат. halostachys> **1.** *Жасаң кезінде малдың жеуіне жарамсыз, тек күздегі алғашқы суық ұрғаннан кейін түйе, қой ащылайтын бұтасын өсімдік.* **2.** терм. *Алабұта тұқымдасына жататын түрлі химиялық мақсаттарда пайдаланылатын сексеуіл тәрізді бұта немесе ағаш.*

**ҚАРАБАРАҚТЫ** сын. *Қарабарақ өскен, қарабарағы бар.*

**ҚАРАБАРҚЫН**[1] зат. өс. *Сор, ащы жерге өсетін, биіктігі жарты метрдей қатты бұта.*

**ҚАРАБАРҚЫН**[2] сын. **1.** *Қалың ну, жынысты.* **2.** *Кескіндер мүлде көрінбей тұтасып кететіндей қараңғы, қою қараңғы.* **3.** *Қараңдаған, қараңдап-бұлдыраған, қошқыл қара түсті.*

**Қарабарқын тартты.** а) *Қараңғыланды, қараңғы қоюланды.* ә) *Қара қоңыр түске енді, кескіні көрінбей кетті.*

**ҚАРАБАРҚЫНДАН=** ет. *Қарабарқын түске айналу; қарауыту, қоңырқайлану, күңгірттену. .*

**ҚАРАБАРҚЫНДАНУ** *Қарабарқындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАБАС**[1] зат. өс. *Шалғын атқонағы (астық тұқымдасы атқонақ туысына жататын өсімдік, арамшөп).*

**Қарабас шалғын.** өс. ***Қарабас***[1].

**ҚАРАБАС**[2]**: қарабас өгізшағала**. зоол. <лат. garus ichthyaetus> *Татрең тәріздiлер отрядының шағалалар тұқымдасына жататын басы қара, салмағы 1,2-1,9 кг-дай болатын ірі құс.*

**ҚАРАБАСШӨП** зат. өс. <лат. poterium> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАРАБАУЫР**[1] зат. зоол. ***Қарабауыр бұлдырық*** (*аяқтары қысқа, денесі тығыз, кептер шамалас, бұлдырықтар отрядына жататын құс*).

**Қарабауыр бұлдырық.** зоол. <лат. pterocles orientalis> *Кептер тәріздiлер отряды, бұлдырық тұқымдасына жататын, басы, мойнының артқы жағы мен кеудесі қызыл-сур түсті құс.*

**ҚАРАБАУЫР**[2] сын. *Тасбауыр, безбүйрек, қайырымсыз, қатыгез (адам).*

**ҚАРАБАЯЛЫШ** зат. өс. *Сораң туысына жататын далалы, шөлді жерлерде өсетін, түйе азығына жататын өсімдік.*

**ҚАРАБЕЗ** зат. вет. *Қоздырғышы таяқша тәрізді микроб (bacillus anthrasis) болып табылатын түйенің жедел өтетін аса қауіпті жұқпалы ауруы.*

**ҚАРАБЕТ** сын. *Ел алдында барлық сенімнен айырылған, елдің қарғысына қалған арсыз, ұятсыз, жексұрын. // Ел алдында барлық сенімнен айырылған, елдің қарғысына қалған арсыз, ұятсыз, жексұрын адам.*

**ҚАРАБИДАЙ** зат. **1.** өс. <лат. secale> *Сабағы тік, биіктігі 1,5–2 м, жапырағы таспа тәрізді, сырты түкті, шашақ тамырлы астық тұқымдас дақылды өсімдік.* **2.** *Қарабидай дақылының дәні; астық.*

**ҚАРАБИЕ** зат. этн. ойын. *Қазақ ұлттық балалар ойынының бір түрі.*

**ҚАРАБОЗТОРҒАЙ** зат. зоол. <лат. melanocorypha yeltoniensis> *Жазда қара, қыста бозғылт түсті торғайлар отряды бозторғай тұқымдасына жататын құс.*

**ҚАРАБОДЫН** зат. тар. *Ежелгі түркі тайпаларына кіретін бағыныштьы әлеуметтік топ.*

**ҚАРАБОТА** зат. өс. сөйл. *Алабота тұқымдасына жататын өсімдік түрі.*

**ҚАРАБУРА** зат. **1.** кәс. *Ағаш, шырпы, қамыс сияқтылардан су жолына қойылатын тосқауыл, қоршау, бөгет.* **2.** геол. *Су тасқынына бөгет болу үшін шымнан, қамыстан төселетін бөгет.*

**ҚАРАБУРАЛА=** ет. *Бөгеу, тосқауыл жасау.*

**ҚАРАБУРАЛАУ** *Қарабурала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАБҰҒА** зат. зоол. *Қара қоңыр түсті алабұғаға тектес балық.*

**ҚАРАБҰЙЫМ** зат. жерг. *Мазмұны керітартпа нәрселер, адамның санасын улайтын материалдар.*

**ҚАРАБҰТА** зат. өс. жерг. *Түрі тобылғы тәрізді таулы жерге шығатын өсімдік.*

**ҚАРАБҮР** зат. өс. жерг. ***Қара сексеуіл.***

**ҚАРАБҮЛДІРГЕН** зат. өс. сөйл. **1.** ***Қожақат*** (*Ұсақ, шырынды, қара немесе қызыл қара түсті жемісі бар, бұталары тікенекті өсімдік немесе оның жемісі*). **2.** ***Қожақат*** (*раушангүлдер тұқымдасы, қожақат туысына жататын жемісі қара түсті өсімдік*).

**ҚАРАГЕР** сын. ***Қара кер.***

**Қарагер бие.** *Қарасы басым кер түсті бие.*

**ҚАРАҒАЙ** зат. өс. *Тұзу, биік болып өсетін, қысы-жазы көгеріп тұратын қылқан жапырақты, шаруашылыққа маңызы зор бағалы ағаш.* **2.** терм. <лат. pinus> *Қарағай тұқымдасының бір туысы, биіктігі 20–50 метрдей болатын бірүйлі мәңгі жасыл ағаш немесе ағаш тәрізді бұта.*

**Қарағай басын шортан шалды.** *Заман өзгерді; заман азды деген мағынада.* **Қарағай бойы қар жауса, Жұтамайды сауысқан.** бейн. *Ағайын арасы суыса, жаулары талайды деген мағынада.* **Қарағайға қарсы біткен бұтақ.** бейн. *Қайсар, қайратты, өрмінез, өжет адам.* **Қарағайдан садақ будырды.** фольк. *Садағын берік қылып қарағайдан жасатты.* **Қарағай домбыра.** этн. муз. *Қарағай ағашынан жасалған бағалы домбыра.* **Қарағайдың қарсы біткен бұтағындай.** *Қайсар да қайратты, өжет мінезді.* **Қарағайдың қоңыр аласы.** саят. *Саусақтары салалы, жуан, тұмсығы ұзын жебелі, шалқақ кең иықты, денелі, боз шуда, ақ балақ, көкшіл, шегір көз бүркіттердің бір тегі.* **Қарағайды талға жалғады.** *Ептеп-септеп күн көрді.* **Қарағай майы.** бот. *Қарағай жас шыбықтарынан және қылқанынан алынатын эфир майы.* **Қарағай мүйіз.** *Мүйізі қатты, үлкен.* **Қарағай табақ.** этн. *Қарағайдан ойып жасалған табақ.* **Қарағай тұқымдасы.** бот. <лат. pinaceae> *Ағаш, сирек те болса бұта түрінде өсетін қылқан жапырақты өсімдіктердің ең үлкен тұқымдасы.* **Қарағай мүйізді ешкі.** *Мүйіз бітісі түзу, жуан әрі ұзын болып өскен ешкі.* **Қарағай найза.** этн. *Сабы қарағайдан жасалған найза.* **Қарағай орманы.** *Құмды және тасты жерлердегі негізінен қарағай ағашынан тұратын орман, кейде қайың ағашы аралас өскен орман.*

**ҚАРАҒАЙДАЙ** сын. **1.** *Қарағай тәрізді, қарағай сияқты.* **2.** ауыс. *Үлкен, зор, биік.*

**ҚАРАҒАЙЛЫ** сын. *Қарағай өскен, қарағайы бар.*

**Қарағайлы дүм.** *Қарағайлы жердің арғы түкпірі.* **Қарағайлы орман.** геогр. *Көбіне құрғақ құмды жерде өсетін қалың тоғай [Тек қарағай өссе – қараорман, қайың; шырша, жөке, арша, шетен аралас өссе – аралас орман деп аталады].*

**ҚАРАҒАЙСЫЗ** сын. *Қарағай өспеген, қарағайы жоқ.*

**ҚАРАҒАЙШЫ** зат. *Қарағай кесіп, дайындаушылар.*

**ҚАРАҒАЛДАҚ** зат. өс. сөйл. *Қара қызғалдақ (қызғалдақ туысының бір түрі).*

**ҚАРАҒАН** зат. өс. **1.** *Топырақ талғамайтын, құрғақшылыққа, суыққа төзімді, ұсақ гүлді, жемісі бұршақ тәрізді бұта немесе ағаш өсімдік.* **2.** терм. <лат. caragana> *Бұршақ тұқымдасы, қараған туысына жататын жемісі көптұқымды бұршақ түріндегі бұта (ағаш).*

**ҚАРАҒАНДЫ** сын. *Қараған өскен, қарағаны бар.*

**ҚАРАҒАНСУ** *Қарағансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҒАНСЫ=** ет. *Қарағандық кейіп таныту, қараған болу.*

**ҚАРАҒАНШЫ** зат. *Қараған дайындайтын адам.*

**ҚАРАҒҰС** зат. **1.** *Бас сүйектің желке жақтың шығыңқы тұсы; шүйде.* **2.** анат. <лат. os occipitale> *Шүйде сүйек, омыртқалылардың бас сүйегінің ми сауыты бөлігіндегі сүйек.*

**ҚАРАҒЫМ** од. экспр. **1.** *Жасы үлкен адамның кішіге еркелете айтатын «айналайын», «шырағым» мағынасындағы қаратпа атауыш.* **2.** *Баласына, немересіне немесе сол жастағы жақын туыс балаға жақсы көру, еркелету нишанымен айтылатын «қарашығым», «жалғызым» деген мағынадағы атауыш сөзі.* **3.** *Біреуге жалыну, жалбарыну, сұрану мақсатында айтылатын жұмсақтықтығы, өтінудің нышаны ретіндегі қаратпа атауыш. // Жақсы көрген, еркелеткен адам.* **4.** *Сүйген адамына жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш.* **5.** сөйл. келеке. *Біреудің ісіне, өзіне көңілі толмағанда оның атын атамай айтатын, астарында жақтырмау немесе келекелеу мағынасы бар сөз.*

**ҚАРАҒЫМДА=** ет. экспр. *Қарағым деу, қайта-қайта еркелету.*

**ҚАРАҒЫМДАУ** *Қарағымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМ** зат. экспр. *Айналып-толғанғанда айтылатын қаратпа атауыш мәнді жылы сөздер.*

**ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМДА=** ет. сөйл. *Айналып-толғану, еркелету, еміренү.*

**ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМДАУ** *Қарағым-шырағымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҒЫШ** сын. *Қарай беретін, жиі қарайтын.*

**ҚАРАҒЫШТА=** ет. *Жиі қарау, қайта-қайта қарай беру.*

**ҚАРАҒЫШТАУ** *Қарағышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАДА** үст. жерг. *Жалғанда, дүниеде.*

**ҚАРАДАЙ** үст. *Тектен-текке, бостан-босқа; қарадан-қарап.*

**Қарадай қорықты.** *Өз-өзінен зәресі ұшып, бостан-босқа, себепсіз қорықты; қатты қорықты.*

**ҚАРАДАН-ҚАРАП** үст. **1.** *Бостан-босқа, тектен-текке, жайдан-жай.* **2.** *Аяқастынан, күтпеген жерден, тосыннан, өздігінен.* **3.** *Өз-өзінен, себепсізден-себепсіз.*

**ҚАРАДАУЫЛ** зат. геогр. **1.** *Талқандау, күші сұрапыл әрі ұзақ соғатын жел.* **2.** *Тропиктік циклонның бір түрі.*

**ҚАРАДӘН** зат. өс. жерг. ***Мысыққұйрық*** *(Астық тұқымдасы итқонақ туысына жататын егін арасында шығатын арамшөп).*

**ҚАРАДӘНДІ** сын. жерг. ***Мысыққұйрықты*** *(Қарадән арамшөбі аралас шыққан (астық).*

**ҚАРАДЕГЕЛЕК** зат. зоол. <лат. ciconia nigra> *Дегелек тәрізділер отрядының дегелектер тұқымдасына жататын басының, мойнының және жон арқасының қауырсындары шымқай қара түсті құс.*

**ҚАРАДҮМБІ** зат. өс. *Сабағы ұзын, іші қуыс болып келетін, ерте шығып, ерте қурайтын шөп.*

**ҚАРАДҮРСІН** сын. **1.** *Жұтаң, қасаң, біржақты, ұстірт, терең емес.* **2.** *Дөрекі, тұрпайы, анайы, олақ, қаракүшке ғана сеніп қалған.* **3.** *Ойсыз, қара күшті ғана қажет ететін.* **4.** *Қарабайыр, бедерсіз, көркем емес.*

**Қарадүрсінге басты [салды].** *Тұрпайылық танытты, дөрекілік көрсетті.*

**ҚАРАДҮРСІНДЕУ** сын. *Қарапайымдау, жұтаңдау, тұрпайылау.*

**ҚАРАДҮРСІНДІК** зат. *Қарабайырлық, қасаңдық, біржақтылық, бедерсіздік, тұрпайылық.*

**ҚАРАДҮРСІНДІЛІК** зат. сөйл. ***Қарадүрсіндік.***

**ҚАРАЖАТ** зат. **1.** *Күнделікті күнкөріске, қажетке жұмсалатын ақша.* **2.** *Белгілі бір істі жүзеге асыруға жұмсалатын қаржы, финанс.* **3.** экон. <лат. франц. finance> *Барлық бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және жекелеген қызметкерлер үшін міндетті түрдегі ақшалай құралдарды пайдаланумен байланысты іс-әрекет тәртібі.* **4.** ауыс. сөйл. ***Ақша.***

**Қаражат көзі.** *Бір істі орындауға қажетті қаржының алынатын жері.* **Қаражатқа алды.** *Күнделікті күнкөріске, қажетіне жұмсады, соған арнады.*

**ҚАРАЖАТАҚ** зат. сөйл. *Қой жата беріп, қиы тапталып қалған жер.*

**ҚАРАЖАТ-НЕСИЕ** зат. экон. *Қаржы және несие.*

**ҚАРАЖАТСЫЗ** сын. *Қаражаты жоқ, ақшасыз.*

**ҚАРАЖАТСЫЗДЫҚ** зат. *Қаражатсыз болушылық.*

**ҚАРАЖАТТАНДЫРМА** зат. экон. *Негізінде мемлекеттік және жергілікті бюджеттің бағамдық атқарылуымен айналысатын мекемелерге бюджетте көзделген шығысқа арналған ақшалай қаражат берілетін қатаң белгіленген нысандағы құжат.*

**ҚАРАЖАТТАНДЫР=** ет. экон. *Белгілі бір мұқтажға, мақсатқа немесе белгілі бір ұйымдарға, тұлғаларға мемлекеттік және басқа көздерден бөлінген ақшалай қаражат бөлу үдерісі.*

**ҚАРАЖАТТАНДЫРУ** *Қаражаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЖАТТЫ** сын. *Қаражаты бар, ауқатты.*

**ҚАРАЖАТТЫҚ** сын. *Қаражат етуге болатын, қажетке жұмсайтын.*

**ҚАРАЖАТТЫЛЫҚ** зат. *Қаражаты барлық, ақшасы молдық.*

**ҚАРАЖЕЛІН** зат. **1.** вет. *Малдың сүті шықпай, емшегі ісіп ауруы.* **2.** ауыс. *Тасбауыр әйел, мейірімсіз, қатыгез әйел адам туралы.*

**ҚАРАЖЕМСАУЛЫ: қаражемсаулы тырқылдақ.** зоол. *Торғайдың түрі.*

**ҚАРАЖЕМІС**[1] зат. **1.** өс. ***Ішдәрі қаражемісі.*** **2.** бот. ***Қаражеміс туысы.***

**Қаражеміс туысы.** бот. <лат. rhamnaceae rhamnus> *Қаражеміс тұқымдасына жататын өсімдіктер.*

**ҚАРАЖЕМІС**[2]**: қаражеміс ырғай.** өс. <лат. cotoneaster melanocarpa Lood> *Раушангүлдер тұқымдасына, ырғай туысына жататын бұтасын өсімдік.*

**ҚАРАЖИДЕК** зат. өс. <лат. vaccinium> *Биіктігі 30 см-ге жететін, ірі сабақты, жасыл бұтақты, қара домалақ жемісті, көпжылдық бұташық түріндегі қаражемістер тұқымдасына жататын жидек туысы.*

**Қаражидек тұқымдасы.** өс. <лат. vacciniaceae> *Тік өсетін бұталар немесе жерге көлбей өсетін жартылай бұталар түріндегі жапырақтары сабаққа кезектесіп орналасқан, жемісі көпдәнді жидек болып келетін өсімдіктер.*

**ҚАРАЖУСАН** зат. өс. **1.** <лат. artemisia fragans> *Күрделігүлділер тұқымдасы жусан туысына жататын далалы жерде өсетін малазықтық шөптесін өсімдік.* **2.** *Қазақтың даласында кеңінен таралған, кермек иісті, малазықтық ащы шөп.*

**ҚАРАЖҮЗДІ** сын. *Ел сенімінен айырылған, елдің қарғысына қалған, зұлым, арсыз.*

**ҚАРАЖҮРЕК** сын. **1.** *Мейірімсіз, қайырымсыз, жауыз, қатыгез.* **2.** *Зұлым, арсыз, қараниет.*

**ҚАРАЖҮРІС** зат. *Шаппай жүріп отырған аяңды, ұзақ жүріс.*

**ҚАРАЗ** зат. сөйл. ***Кәріз.***

**ҚАРАЙ**=ет. **1.** *Түсі қара тарту, күңгірттену, қараға айналу.* **2.** *Түр-бейнесі анық болмай, нобайы ғана бұлдырап көріну, қараңдау.* **3.** ауыс. *Оқығанын ұмыту, білгенінен айырылу.*

**Қарайып жүрді**. экспр. *Қатарда жүрді, қалқайып жүрді.* **Қарайып қалды**. а) *Ұмытты, шорқақтанды, білгенінен айырылды.* ә) *Тосаңсып, тосырқап қалды; үйреншікті дағдыдан айырылып қалды.* **Қарайып отыр.** экспр. *Тындырған еш нәрсесі болмаса да, әйтеуір қатарда отыр.*

**ҚАРАЙ** шыл. **1.** *Барыс жалғаулы есімдерді меңгеріп, оларды басқа сөздермен тіркестіру үшін жұмсалатын бағыт, беталысты білдіретін септеулік мәнді көмекші сөз.* **2.** *Барыс жалғаулы есімдерді меңгеріп, орай, ыңғайды, қатыстылықты білдіретін септеулік мәнді көмекші сөз.* **3.** *Үстеулермен тіркесіп, қимылдың бағытын білдіруге қатысып тұратын көмекші сөз.*

**ҚАРАЙҒАН** зат. сөйл. *Нобайы қарауытып көрінгенмен, нақты не екені белгісіз нәрсе (зат).*

**ҚАРАЙҒАН-ҚҰРАЙҒАН** зат. сөйл. *Қараң-құраң еткен зат.*

**ҚАРАЙҒЫ: әрмен қарайғы.** сөйл. а) *Осы тұстан кейінгі (мекенге қатысты).* ә) *Бұдан кейінгі, келесі кезектегі.*

**ҚАРАЙЛА=** ет. **1.** *Қарағыштау, қайта-қайта қарай беру, көз салу.* **2.** ауыс. *Байқау, аңғару, зер салу.* **3.** ауыс. *Тосу, бөгелу.* **4.** ауыс. *Бағу, күту, бағып-қағу.*

**ҚАРАЙЛАС**[1] сын. *Мөлшерлес, шамалас, жуық.*

**ҚАРАЙЛАС**[2] = ет. *Жәрдемдесу, қарасу, қол ұшын берісу.*

**ҚАРАЙЛАСҚЫШ** сын. сөйл. *Көмектескіш, қарасқыш.*

**ҚАРАЙЛАСТЫҚ** зат. *Шамаластық, жуықтастық.*

**ҚАРАЙЛАСТЫР=** ет. **1.** *Жәрдем бергізу, қарастыру.* **2.** *Іздестіру.*

**ҚАРАЙЛАСТЫРУ** *Қарайластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙЛАСУ** *Қарайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙЛАТ=** ет. **1.** *Аландату, үміттендіру.* **2.** ауыс. *Еске түсірту, жалтақтату, назарына іліктіру.*

**ҚАРАЙЛАТУ** *Қарайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙЛАУ** *Қарайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙТ=** ет. **1.** *Түсін қара ету, қара түске енгізу.* **2.** ауыс. *Мал қарасын көбейту.* **3.** ауыс. *Сауатсыздандыру, білгенін ұмыттыру.*

**ҚАРАЙТҚЫШ** сын. *Қарайтып жібергіш, қап-қара еткіш.*

**ҚАРАЙТУ** *Қарайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙТЫЛ=** ет. *Қара түске бояу.*

**ҚАРАЙТЫЛУ** *Қарайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Қарайта түсу.*

**ҚАРАЙТЫҢҚЫРАУ** *Қарайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЙЫМ** зат. *Түркі тілдер табының қыпшақ тобына жататын халық және сол халықтың ұлттық тілі.*

**ҚАРАЙЫҢҚЫРА=** ет. 1. *Қарая түсу, түсі қараңғы тартыңқырау.* **2.** ауыс. *Білгенін ұмытыңқырау, ғылым-білімнен шеттеңкіреп қалу.*

**ҚАРАЙЫҢҚЫРАУ** *Қарайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАКЕДІ** зат. өс. кәс. *Қарбыз сияқты асқабақ түрі.*

**ҚАРАКЕМІК: қаракемік бота.** кәс. малшар. *Туғанына бес-алты ай болған, өздігінен жайыла бастаған, отыққан бота.*

**Қаракемік бие.** кәс. *Енесі сауылып, құлын күнінен бастап жүдеу бас болып өскен бие.*

**ҚАРАКЕМІКТЕН=** ет. *Арықтау, жүдеу.*

**ҚАРАКЕМІКТЕНУ** *Қаракемiктен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАКЕТ** зат. ескікіт. ***Әрекет.***

**ҚАРАКЕТШІ** зат. ескікіт. *Әрекет етуші, қызметші.*

**ҚАРАКЕУГІМ** сын. сөйл. ***Қаракеуім.***

**ҚАРАКЕУІМ** сын. *Күңгірт, қара көлеңке; іңір қараңғысы.*

**Қаракеуім тартты.** *Күңгірттенді, қарауытты.*

**ҚАРАКЕУІМДЕН=** ет. *Күңгірттену, алакөлеңке тарту.*

**ҚАРАКЕУІМДЕНУ** *Қаракеуімден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАКЕШ** сын. сөйл. *Бір нәрсенің (үй, қора, мал т. б.) қасынан шыққысы келмейтін қарашыл (мініс көлігі жайлы).*

**ҚАРАКӨЗ** зат. зоол. <лат. abramis safa> *Үйірімен жүретін шабақ сияқты тұқы тұқымдасына жататын ұсақ балық.*

**ҚАРАКӨЗ: қаракөз ақша.** жерг. *Күміс ақша.*

**ҚАРАКӨК: қаракөк барлау**. *Жылқының тіл астындағы көк тамыры.*

**ҚАРАКӨКТЕН=** ет. *Қара көк түске айналу, сұрлану.*

**ҚАРАКӨКТЕНУ** *Қаракөктен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАКӨЛ** зат. **1.** малшар. ***Қаракөл қой.*** **2.** этн. *Осы қой төлінің қымбат бағалы елтірісі.*

**Қаракөл елтірісі.** этн. *Туғаннан кейін 1-3 тәуліктен соң қаракөл тұқымдастарының төлінен сыпырылып алынатын бұйра елтірі.* **Қаракөл қой.** малшар. *Жаңа туған төлінің жүні тықыр, қара, қара көк бұйра болып келетін елтірісі өте бағалы қойдың түрі.* **Қаракөл шаруашылығы.** малшар. *Қойшаруашылығының қаракөл қойын өсіретін саласы.*

**ҚАРАКӨЛЕҢКЕ** зат. *Қараңғылық түсіп, айнала көмескі тартқан кез, апақ-сапақ мезгіл.*

**Қаракөлеңке тартты**. *Күңгірттенді, қарауытты, көмескіленді.*

**ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕН=** ет. *Қаракөлеңке тарту.*

**ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕНУ** *Қаракөлеңкелен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕУ** сын. *Аздап қарауытқан, күңгірттеу.*

**ҚАРАКӨЛШЕ** зат. малшар. **1.** *Орташа сапалы қаракөл елтірісі.* **2.** *Қаракөл қойының іштастауынан немесе саулықтың жатырынан жарып алынған қозының елтірісі.*

**ҚАРАКӨРІМ: қаракөрім жер.** этн. *Көз ұшы жетпейтіндей бұлдырап, қарайып көрінетіндей қашықтық мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**ҚАРАКӨРІНІМ** зат. сөйл. ***Қаракөрім жер.***

**ҚАРАКҮЗЕН** зат. зоол. <лат. lutrola> *Сулы жерде өмір сүретін, дене тұрқы 42 см, құйрығы 20 см, жүні қалың, жылтыр, терісі бағалы, күзен туысына жататын жыртқыш аң.*

**ҚАРАКҮЙЕ**[1] зат. бот. *Күйе саңырау-құлақтары тарататын өсімдік ауруы.*

**Қаракүйе саңырауқұлақтары.** бот. *Өсімдіктерде қаракүйе ауруын қоздыратын базидиомикота табының бірқатары.*

**ҚАРАКҮЙЕ**[2] зат. сөйл. ***Күйе*** *(астық дәндерін, өсімдіктер мен жүннен жасалған бұйымдарды бүлдіретін зиянкес көбелек).*

**ҚАРАКҮЙЕШЕ** үст. **1.** *Қаракүйе сияқты, қаракүйеге ұқсап.* **2.** ауыс. *Топтанып, үймелеп.*

**ҚАРАКҮЛ** зат. сөйл. ***Қаракөл.***

**Қаракүл бөрік.** этн. *Қаракүл елтіріден істелген бөрік.*

**ҚАРАКІС** зат. **1.** зоол. *Түсі қара, терісі бағалы, былғарысы қаттылау сусар тұқымдасына жататын кішкене жыртқыш аң.* **2.** этн. *Осы аң терісінен жасалған зат (жамылғы, киім, төсеніш т.б.).*

**Қаракісті қатты деп, бала кіске бөлетті.** этн. *Қаракістің терісі батады деп, оның баласының нәзік, жұмсақ терісімен нәрестені бесікке бөледі.*

**ҚАРАҚ**[1] зат. *Көздің қарасы, қарашығы.*

**Қарақ су.** *Көз жасы.*

**ҚАРАҚ**[2] зат. экспр. *Қалқа, шырақ деген мағынадағы еркелету, жақсы көру мәнінде, әдетте жасы үлкен кісінің өзінен кіші адамға айтылатын қаратпа атауыш.*

**ҚАРАҚ**[3] сын. көне. *Ашкөз, тойымсыз, мешкей.*

**ҚАРАҚАБАТ** зат. *Қойдың жұмыршағы, қырыққабат қарны.*

**ҚАРАҚАҒАЗ**[1] зат. **1.** полигр. *Мәтіннің көшірмесін түсіріп көбейту үшін ақ қағаздың астына қабатталып салынатын қағаздың қара түрі, көшіргі.* **2.** құр. *Ылғал өткізбеу үшін төсеніш ретінде пайдаланылатын битум немесе т.б. қабығы бар құрылыс материалы.*

**ҚАРАҚАҒАЗ**[2] зат. тар.совет. *1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде майданда қайтыс болған жауынгердің отбасына жіберілген қаралы хабар жазылған хаттың ел ішіндегі аты.*

**Қарақағаз алды.** *Жақын кісісі майданда өлді деген қаралы хабар алды.* **Қарақағаз есік қаға бастады.** бейн. *Майданда өлген жауынгерлер туралы қаралы хабар елге жете бастады деген мағынада.*

**ҚАРАҚАЗ** зат. зоол. <лат. phalacrocoracidae> *Балықпен қоректенетін, түсі қара, суда жақсы жүзетін ескек сияқтылар отряды суқұзғын тұқымдасына жататын құс.*

**ҚАРАҚАЗАН** сын. *Үйлі-жайлы (адам).*

**ҚАРАҚАЙЫС** зат. түйешар. *Әбден арықтаған, жүні түсіп қалған түйе.*

**ҚАРАҚАЛ** зат. зоол. <лат. felis caracal> ***Қарақұлақ*** *(Сілеусінге ұқсас, құлағының сырты қара, ұшы жүндес, мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң).*

**ҚАРАҚАЛПАҚ** зат. *Қарақалпақ АССР-інің жергілікті халқы.*

**Қарақалпақ тілі.** *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын тіл, қарақалпақ халқының тілі.*

**ҚАРАҚАН**: **қарақан бастың қамы.** жағымсыз. *Жеке бас мүддесін бәрінен, басқадан, ортақ мүдделен жоғары қоюшылық.* **Қарақан басы**. *Жеке басы, соқа басы.*

**ҚАРАҚАНАТ** зат. зоол. *Құстың балапандық шағының ақүрпек және көкқауырсын аралығындағы кезеңі.*

**Қарақанат болды.** *Өздігінен жетілді, толысты.*

**ҚАРАҚАПТАЛ** зат. **1.** *Жылқының желінінің астына келетін қабырға тұсы.* **2.** вет. *Жылқының айғырында болатын жыныстық ауру.*

**ҚАРА-ҚАРСЫ** үст. сөйл. ***Қарама-қарсы.***

**ҚАРАҚАРЫН**[1] зат. сөйл. *Келімсек, ел ішіне басқа жерден келіп сіңген адам.*

**ҚАРАҚАРЫН**[2] зат. вет. *Жылқының іш ауруы.*

**ҚАРАҚАС**[1] зат. кәс. **1.** *Егінге түсетін құрт, қаракүйе.* **2.** *Егін арасына шығатын арамшөп.*

**ҚАРАҚАС**[2] зат. зоол. *Сүтқоректілер отрядының қарақас тұқымдасына жататын түн жануары, кеміргіш.*

**Қарақас тұқымдасы.** зоол. <лат. gliridae> *Сүтқоректілер табына жататын кең тараған сырт пішіні тышқанға ұқсас кеміргіштер.*

**ҚАРАҚАСҚА**[1] зат. жерг. **1.** *Шұғаның жолағы бар түрі.* **2.** *Асыл мата.*

**ҚАРАҚАСҚА**[2] зат. жерг. *Жексұрын, оңбаған, сорлы деген мағынадағы кейігенде айтылатын сөз.*

**Қарақасқа болды.** сөйл. *Соры қайнады.*

**ҚАРАҚАТ** зат. өс. **1.** *Жапырағы жалпақ, бұтағы тікенекті, мөлдір қара түсті, домалақ жемісті жидек.* **2.** <лат. rives> *Тасжарғандар тұқымдасына жататын бұта.*

**Қарақат көз.** поэт. *Қарашығы қап-қара, мөлдіреген қара көз.* **Қарақат құмырсқа шыбыны.** зоол. <лат. pachynematus pumilio> *Құмырсқа шыбын тұқымдасына жататын жарғаққанатты жәндік.*

**ҚАРАҚАТҚАҚ** зат. *Көктемгі шөп, азық аз, ауа райы қолайсыз шақ, кезең.*

**ҚАРАҚАТТА=** ет. жерг. *Даттау, жамандау, кінәлау, қаралау.*

**ҚАРАҚАТТАЙ** сын. **1.** *Қарақат сияқты, қарақат тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай.* **3.** ауыс. *Мөлдір, тұп-тұнық.* **4.** ауыс. *Жылтыр, қап-қара.*

**ҚАРАҚАТТАУ** *Қарақатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚАТТЫ** сын. *Қарақат өскен, қарақаты бар, қарақаты көп.*

**ҚАРАҚАТША** үст. *Қарақат тәрізді, қарақатқа ұқсап.*

**ҚАРАҚИЯҚ** зат. өс. *Таулы жерде өсетін, жіңішке, ұзын жапырақты малазықтық шөп.*

**ҚАРАҚОҒА** зат. өс.бот. *Көлшікті, қара сулы жерлерде балақтап өсетін, мал азығына да, отынға да жарамсыз, жапырақ сабақты ірі қоға.*

**ҚАРАҚОҒЫР** зат. өс. <лат. aguilegia karelini> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАРАҚОЖАЛАҚ** сын. **1.** *Қара және өзге түстер ретсіз араласқан; қожалақ-қожалақ.* **2.** *Күйелеш-күйелеш, күйе жұққан, қап-қара.* **3.** *Кір, сатпақ, айғыз-айғыз.*

**ҚАРАҚОЖАЛАҚТАН=** ет. *Кір-кір болу, ластану.*

**ҚАРАҚОҢЫЗ** зоол. <лат. tenebrionidae> **1.** *Көбіне боқтың арасында, дымқыл жерде, қараңғы лас жерде тіршілік ететін қоңыздың бір түрі.* **2.** бейн. *Дүниеқор, пасық, дүниеқоңыз.*

**ҚАРАҚОҢЫР** сын. **1.** *Қара мен қоңыр түс араласқан.* **2.** *Ортақол, әбден үйреншікті болып кеткен, бір арнаға түскен, жайлы.* **3.** *Майда, жанға жайлы, құлаққа жағымды.*

**Қарақоңыр тартты.** *Түсі қарая бастады, күңгірт тартты, қара қошқылданды.* **Қарақоңыр топырақ.** геогр. *Құрғақ және шөлдідала белдемнің топырағы.*

**ҚАРАҚОРА** зат. *Қорғаныш, пана.*

**ҚАРАҚОРЫМ** сын. *Есепсіз көп, қаптаған; қарақұрым.*

**ҚАРАҚОТЫР** зат. мед. *Жарасының беті қатты қабыршақтанып, жазыла бастаған қотыр.*

**Қарақотыр болды.** *Жараның беті қатты, қабыршақтанды, жазыла бастады.*

**ҚАРАҚОТЫРЛАН=** ет. *Жараның беті қатты қабыршақтану.*

**ҚАРАҚОТЫРЛАНУ** *Қарақотырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚОШҚЫЛ** сын. *Шымқай қара емес, қоңырқай, қоңыр түс араласқан, қара мен қоңыр түстің екеуі де байқалатын, қарасы басым түс.*

**Қарақошқыл тартты.** *Қара қошқылданды.*

**ҚАРАҚОШҚЫЛДАН=** ет. *Қарақошқыл түске айналу.*

**ҚАРАҚОШҚЫЛДАНУ** *Қарақошқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Қайта-қайта қарау, жалтақтау.* **2.** ауыс. *Суқтана қарау, қызықтау.*

**ҚАРАҚТА**[2]**=** ет. *Ұрлау, тонау, сұғанақтану, қарақшылық жасау.*

**ҚАРАҚТА**[3]**=** ет. *Жарқырау, жалтылдау.*

**ҚАРАҚТАЛ=** ет. *Тоналу, түксіз қалу, барынан айырылу.*

**ҚАРАҚТАЛУ** *Қарақтал етістігінің қимыл атауы. .*

**ҚАРАҚТАРЫМ** зат. экспр. **1.** *Өзінен жасы кішілерге еркелету, жақсы көру мәнінде топқа қарата айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Біреулерге кейігенде ренішін жұмсақтап жеткізу үшін айтылатын «айналайындар, шырақтар» деген мағынадағы көпшілікке арналған қаратпа атауыш.*

**ҚАРАҚТАС=** ет. *Жалтақтасу, қарай берісу.*

**ҚАРАҚТАСУ** *Қарақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚТАТ=** ет. *Ұрлату, тонату.*

**ҚАРАҚТАТУ** *Қарақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚТАУ** *Қарақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚТЫ** сын. *Түйгені мол, көзі ашық, білімдар.*

**ҚАРАҚТЫЛЫҚ** зат. *Көрегендік, көзі ашықтық.*

**ҚАРАҚУ** зат. зоол. *Батпақты жерлерді мекендейтін қара түсті қу.*

**ҚАРАҚҰЙРЫҚ** зат. **1.** *Жазық далада, тау бөктерінде, елсіз жерлерде таралған терісі, еті үшін ауланатын бағалы аң.* **2.** зоол. <лат. gazella subgutturosa> *Қуысмүйізділер тұқымдасына жататын, ашатұяқты, сүтқоректі аң.*

**ҚАРАҚҰЙЫН** зат. **1.** геогр. <исп. tornado> *Жоғары беті мен табаны конус тәрізді ұлғая түсетін бағана пішінді, найзағайлы бұлтта пайда болып, жер бетіне дейін созылатын атмосфералық құйын.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**ҚАРАҚҰЛАҚ**[1] зат. **1.** зоол. <лат. felis caracal> *Қалың жынысты, шөлді жерде мекендейтін сілеусінге ұқсас, дене тұрқы 65–82 смдей, құлағының сырты қара, іші жүндес мысық тұқымдас жыртқыш аң.* **2.** сөйл. эвфем. *Қасқыр, бөрі, серекқұлақ[Қарақұлақ ертедегі аңыз бойынша, атын естігенде қасқырдың шамы келіп, қорқатын болған мифтік аң].* **3.** этн. *Қасқыр терісінен істелген ішік.* **4.** ауыс. *Дұшпан, жау.* **5.** ауыс. *Қорқынышты, үрей тудыратын нәрсе.* **6.** ауыс. *Тыңшы, жансыз (адам).*

**ҚАРАҚҰЛАҚ**[2] зат. ойын. *Қыздар «қойға», жігіттер «қарақұлаққа» (қасқырға, бір топ жастар мен келіншектер «күзетшілікке» немесе «итке») бөлініп ойнайтын ұлттық ойын, серекқұлақ.*

**ҚАРАҚҰЛАҚ**[3] зат. этн. *Жылқы төлінің құлындық кезеңге жеткені, желіге байланатын, марқайған кезеңі.*

**Қарақұлақ болды [тартты].** а) *Төл есейді, марқайды, ұлкейді.* ә) *Есейді, ер жетті.*

**ҚАРАҚҰЛАҚ**[4] зат. зоол. <лат. canis aureus> ***Шибөрі*** *(ит тұқымдасына жататын, өлексені қорек ететін жыртқыш аң).*

**ҚАРАҚҰЛАҚТАН=** ет. *Төлдің есеюі, марқаюы, ұлкеюі.*

**ҚАРАҚҰЛАҚТАНУ** *Қарақұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҚҰМАН** зат. этн. **1.** *Қолға су құятын құлақты ыдыс.* **2.** *Су қайнататын ұлкендеу ыдыс, шәугім.*

**ҚАРАҚҰМАҚ** зат. өс. *Құмды жерде өсетін қараоттың түрі.*

**ҚАРАҚҰМЫҚ** зат. өс. **1.** *Ұсақ қара дәні бар жабайы өсімдік.* **2.** *Астық тұқымдас мәдени дақыл.*

**ҚАРАҚҰР** зат. зоол. <лат. fetrao urogallus> *Құрдың қауырсынының түсі қара, денесі ірі сирек кездесетін түрі.*

**ҚАРА-ҚҰРА** зат. **1.** *Айқын танылмай, көмескі көрінетін жанды-жансыз қарайған нәрселер.* **2.** *Адам, мал шоғыры, тобы.*

**ҚАРА-ҚҰРАҢ** зат. сөйл. ***Қара-құра.***

**ҚАРАҚҰРДЫМ** зат. астрон. *Ғалымдардың жора-малдауынша, күн жүйесіндегі ғаламшарларды «жұтатын» түпсіз тұңғиық, қауіпті аймақ.*

**ҚАРАҚҰРСАҚ** саят. *Саят құстарының тұрған жері дымқыл, түтін, шаң болуынан пайда болатын ауру.*

**ҚАРАҚҰРТ[1]** зат. **1.** *Көбіне қара түсті, шаққанда адам үшін улы болса, қой мен шошқаға еш әсері болмайтын өрмекші.* **2.** зоол. <лат. lathrodestes fredecimguttatus> *Дене тұрқы 2 сантиметрдей түсі қара, құрсағында ақ немесе қызыл дақтары бар өрмекші туысының бір түрі.* **3.** ауыс. *Жалмауыз, тонаушы, қан сорғыш.*

**ҚАРАҚҰРТ[2]** зат. астр. *Аспанның солтүстік жартышарындағы шоқжұлдыз, Кассиопея.*

**ҚАРАҚҰРТТАЙ** сын. **1.** *Қарақұрт сияқты, қарақұрт тәрізді.* **2.** ауыс. *Есепсіз көп, мол, қаптаған.*

**Қарақұрттай қаптаған.** *Құжынаған, көп, быжынаған.* **Қарақұрттай қыбырлады.** *Быжынай түсті, топтала ұмтылды.*

**ҚАРАҚҰРТША** үст. **1.** *Қарақұртқа ұқсап, қарақұрт сияқты.* **2.** ауыс. *Қаптап, быжынап, үймелеп.*

**Қарақұртша қайнады.** *Быжынады, қаптады.*

**ҚАРАҚҰРЫҚ** сын. **1.** *Қаракеуім, қараңғы.* **2.** сөйл. ***Қарақұрым.*** **3.** *Күңгірт, көмескі, бұлыңғыр.* **4.** ауыс. *Түсініксіз, белгісіз.*

**Қарақұрық жасау.** *Алдау, арбау, жалғанды шындық деп тану.*

**ҚАРАҚҰРЫМ[1]** сын. этн. *Киізінің тозығы жеткен; ескі, шоқпыт.*

**ҚАРАҚҰРЫМ[2]** сын. *Есепсіз көп, қаптаған, қарақорым.*

**ҚАРАҚҰС[1]** зат. **1.** анат. ***Қарағұс*** *(шүйде).* **2.** *Түйе табанының басы, ұршығы.*

**ҚАРАҚҰС[2]** зат. **1.** *Түсі көбіне қара қоңыр, өлексеге, жемтікке үйір ірі жыртқыш құс.* **2.** зоол. <лат. aquila heliaca> *Қаршыға тұқымдасына жататын дене тұрқы 80 см, солтүстік аймақта ұялайтындары жыл құсы болып табылатын көбіне қара қоңыр түсті кеміргіштермен және өлексемен қоректенетін жыртқыш құс.* **3.** *Жыртқыш құстардың өлексе жейтіндерінің жалпы атауы (аңшылыққа баулынатын қыран құстарға қарама-қарсы қойылады).* **4.** миф. *Ел аузындағы аңыз бойынша, жетінші не тоғызыншы буынында алғыр қыран құс шығатын құс.* **5.** ауыс. *Пасық, жеке басының мақсатына қи-тұрқы, арам жолмен жетуден тайынбайтын қаранием адам, жемқор.*

**Қарақұсы кемірді.** *Басы қатты ауырды.*

**ҚАРАҚҰС[3]** зат. кәс. *Қайықтың тұмсығы.*

**ҚАРАҚҰСТАЙ** сын. **1.** *Қарақұс сияқты, қарақұс тәрізді.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Сүйкімсіз, қаранием, қатыгез.*

**ҚАРАҚҰСША** үст. *Қарақұс тәрізденіп, қарақұсқа ұқсап.*

**ҚАРАҚШЫ[1]** зат. **1.** этн. *Ат жарысының аяқталу шегін (мәреңі) айғақтап тұратын (ашық түсті шүберек байланған ұзын сырғауыл т.б.) белгі; мәре.* **2.** *Ит-құсты, ұры-қарыны шошыту үшін мал қотанының шетіне, бақшаның басына қойылатын адам пошымдас бейне.* **3.** *Ағаштан, тастан қойылған белгі, нысана.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің жетер жері, шығар кезеңі.*

**Қарақшы көтерді.** этн. *Шүберек байлаған сырықты ары-бері көтеріп, қозған белгі берді, шақырды.* **Қарақшы ту байлады.** этн. *Ат бәйгесінің басталатын және аяқталатын жеріндегі көмбеге белгі ретінде шүберек байланған сырық орнатты.* **Қарақшы тігілді.** этн. *Ат бәйгесінің басталатын және аяқталатын жеріне көмбеге белгі ретінде шүберек байланған сырық орнатылды.*

**ҚАРАҚШЫ[2]** зат. көне. **1.** әск. *Жаугершілік кезде биік төбе, оба үстіне шығып, айнала төңіректі бақылап отыратын жауынгер, қарауыл.* **2.** әск. *Жаяу әскерлердің алдыңғы шебіндегі барлаушы жауынгерлер қолданылатын әдісі ретінде өзі жасырынып тұрып көтерген баскиім.* **3.** ауыс. *Қарауыл, күзетші.*

**ҚАРАҚШЫ[3]** зат. **1.** *Жол торып, ел тонаушы.* **2.** *Ұры, суғанақ, суыққол.* **3.** *Елді ойрандаушы, талаушы, қанышезер, жауыз.*

**ҚАРАҚШЫДАЙ** сын. **1.** *Қарақшы тәрізді, қарақшы сияқты.* **2.** ауыс. *Қимылсыз, үн-түнсіз.*

**ҚАРАҚШЫЛЫ** сын. *Белгісі бар, нысаналы.*

**Қарақшылы төбе.** этн. а) *Әкімшілік, билік жүргізетін адамдардың отыратын төбесі.* ә) *Көпті көрген, көп білетін, бір ауылдың бетке ұстар қариясы.* **Қарақшылы түйедей.** *Белгі салып, ерекшелеп қойғандай, бірден көзге түсетін, елден ерек, оқшау.*

**ҚАРАҚШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Тонаушылық, жауыздық, қанышезерлік.* **2.** заң. <итал. panditio> *Ұйымдарға не жекелеген адамдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ құру, оған кіру, оны басқару сияқты т.б. қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс.* **3.** сөйл. ***Әткесшілік*** *(Кеденнен тауарды жасырын, заңсыз жолмен алып өтушілік).*

**ҚАРАЛ=** ет. **1.** *Көріну, көзге түсу.* **2.** ауыс. *Сөз болу, сөзталқыға салыну, айтылу.* **3.** ауыс. *Талдану, талқылану, шешілу.* **4.** ауыс. *Денсаулығын тексерту, емделу.* **5.** ауыс. *Сабақ оқу, тапсырманың орындалуы.* **6.** ауыс. *Зерттелу, қарастырылу, зерттеу нысанына алыну.*

**ҚАРАЛА=** ет. **1.** *Қара түске бояу, қара ету.* **2.** ауыс. *Дақ түсіру, кір келтіру, былғау, нұқсан келтіру.* **3.** ауыс. *Айыптау, кінәлау, жала жабу.*

**ҚАРАЛАЙ[1]** сын. *Қара күйінде; сүтсіз.*

**ҚАРАЛАЙ[2]** үст. сөйл. ***Қарадай.***

**ҚАРАЛАҚ** зат. этн. ойын. *Үй арасында ойналатын балалар ойыны.*

**ҚАРАЛАН[1]=** ет. *Жала жабылу, жазықсыз кінә тағылу.*

**ҚАРАЛАН[2]=** ет. *Дәннің сыртындағы қауызынан тазартылуы.*

**ҚАРАЛАНУ** *Қаралан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЛАС** сын. сөйл. ***Қарайлас*** *(қатарлас).*

**ҚАРАЛА-ТЕГЕНЕК** зат. өс. *Қар астында көпсіп жатқан қыр шөбі.*

**ҚАРАЛАУ[1]** сын. *Таза қара емес, қараға жуық.*

**ҚАРАЛАУ[2]** *Қарала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЛАУШЫ** зат. *Жазықсыз айыптаушы, нақақтан нақақ кінәлаушы, жала жабушы.*

**ҚАРАЛАУШЫЛЫҚ** *Жала жабушылық, жазықсыз кінәлаушылық.*

**ҚАРАЛАШЫЖЫҚ** зат. этн. тамақ. *Қойдың ішмайы мен құйрық майына етті қосып қуырып жасалған ұлттық тағам түрі.*

**ҚАРАЛӘЙЛЕК** зат. зоол. ***Қарабай.***

**ҚАРАЛДЫ** зат. **1.** *Жалпы қарасы; денесі, порымы, пошымы.* **2.** ауыс. *Тірек, сүйеніш.*

**ҚАРАЛДЫМ** зат. сөйл. экспр. *Қарағым, қалқам, қарайып көз алдымда жүрген жалғызым деген жақсы көру, еркелету мағынасында айтылатын атауыш.*

**ҚАРАЛТЫМ** сын. *Қаралау, шамалы қара; қара қошқыл, күңгірт.*

**Қаралтым тартты.** *Қарайды, қара қошқылданды.*

**ҚАРАЛТЫМДАУ** сын. *Қара қошқылдау, қара күңгірттеу.*

**ҚАРАЛУ** *Қарал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЛЫ[1]** сын. **1.** *Кісісі өлген, азалы, қайғылы, шерлі, мұңды (адам).* **2.** этн. *Кісісі өлген адамның аза тұтуын білдіретін қара түсті (лента, мата, шүберек).* **3.** *Азалы, мұңды, қайғылы (жай, сарын т.б.).* **4.** ауыс. *Азапты, қайғы-қасіреті көп, ауыр, мехнатты, тауқыметті.*

**Қаралы ару.** этн. *Әкесі қайтыс болып, артын күтіп, аза тұтып отырған қыз.* **Қаралы ат.** этн. *Аза тұту салты бойынша жал-құйрығын күзеп, үстіне қара жабу жауып, марқұмның асында сойылатын мініс аты.* **Қаралы әйел.** этн. *Күйеуі немесе жақын туысқаны қайтыс болғанда аза тұтып жүрген әйел.* **Қаралы ел.** этн. *Қадірлі адамы, жұртына беделді кісісі өлген ру, тайпа, жұрт.* **Қаралы ер-тұрман.** этн. *Аза тұту салты бойынша жал-құйрығы кесіліп тұлданған қаралы атқа ерттелетін марқұмның ер-тұрманы.* **Қаралы жалау.** этн. *Қара немесе жиегі қарамен көмкерілген азалы жалау.* **Қаралы желек.** этн. *Ер азаматы, жақын адамы өлген әйелдің марқұмды аза тұтқанда киетін қара түсті орамалы, азалы киім.* **Қаралы жиын [митинг].** *Өлген адамды еске алуға арналған жиын.* **Қаралы көбелек.** зоол. *Жәндіктер класының көбелектер отрядының нимфалидалар тұқымдасының түрі.* **Қаралы күн.** а) *Марқұмды немесе қандай да бір қоғамдық залал, апаттың құрбандарын еске алу үшін көңіл көтеру шаралары тоқтатылатын арнайы аза тұту күні.* ә) бейн. *Қазалы, қасіретті ауыр кез.* б) этн. *Марқұмды жоқтау мезеті.* **Қаралы қағаз [хат, хабар].** тар. совет. ***Қарақағаз*** *(1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында майдандағы жауынгердің қаза тапқаны туралы жазылған қағаз).* **Қаралы қасірет.** *Адам қазасының ауырт-палығы, кісі өлімінен болған қайғылы күй.* **Қаралы қатын.** этн. *Күйеуі өліп, қаралы болуымен байланысты бір жылға дейін қара жамылған, көшкенде күйеуінің киімін, ер-тоқымын атына теріс жабатын, аза тұтқан тұл әйел.* **Қаралы қыз.** *Әкесі қайтыс болып, аза тұтып отырған қыз.* **Қаралы салт.** этн. *Марқұмды аза тұтуға қатысты қалыптасқан дәстүрлі жөн-жоралғы, рәсімдер.* **Қаралы тең.** этн. *Өлген кісінің тұл мүлкін салған, тұл жыртыс салған тең.* **Қаралы ту.** этн. *Кісісі өлген қаралы үйдің оң жақ белдеуіне найзаға марқұмның тегі мен жасына қарай ақ, көк, қара, қызыл, ала түсті болып байланатын ту [Марқұм төреден шыққан болса, ақ, көк, ала, т.б. өзді-өзі тұқымының туын тігеді, ал қарадан шықса, жасына қарай жас кісіге – қызыл, кәрісіне – ақ, орта жастағы кісіге – бір жағы ақ, бір жағы қызыл ту тіккен].* **Қаралы үй.** этн. *Марқұмды аза тұтып отырған үйелмен, кісісі өлген шаңырақ.* **Қаралы шапан киді.** этн. *Қаза болған адамын аза тұтты.*

**ҚАРАЛЫ[2]** сын. *Ірі қара малы бар.*

**ҚАРАЛЫ[3]** шыл. *Шақты, шамалы, жуық.*

**ҚАРАЛЫҚ[1]** зат. **1.** *Қара түстілік, қара болып көрінушілік, күңгірттік.* **2.** ауыс. *Арамдық, зұлымдық, зымияндық, жаман пиғылдық.*

**ҚАРАЛЫҚ[2]** сын. *Ірі қараға (мал) татырлық, ірі қара боларлық.*

**ҚАРАЛЫЛЫҚ** зат. *Азалылық, қайғы-шерлілік.*

**ҚАРАМ** сын. ескіт. **1.** діни. *Арам, мұсылмандық құқықта Алла тағала атынан пенделердің ішіп-жеуіне және істеуіне тыйым салынған адамға қарама-қарсы нәрселер.* **2.** *Қаранцетті, жаман пиғылды, адал емес.*

**ҚАРАМАҒЫ** зат. *Иелігі, меншігі, қол асты, құзыры.*

**ҚАРАМАЙ[1]** зат. **1.** *Ағаш, шымтезек, тас көмір сияқты қатты отынның өңделген сұйық қара өнімі.* **2.** тех. <лат. solidus – қою, deum – май> *Майлау үшін қолданылатын қою заттек.* **3.** ауыс. *Қап-қара, тасқараңғы түнек.*

**ҚАРАМАЙ[2]** шыл. *Барыс септігіндегі сөздермен тіркесіп, қарсылықты мәнді білдіретін көмекші сөз.*

**ҚАРАМАЙЫНША** үст. *Қараганға дейін, көргенше.*

**ҚАРАМА-ҚАЙСЫ** сын. сөйл. ***Қарама-қайшы.***

**ҚАРАМА-ҚАЙШЫ** сын. *Біріне-бірі қарсы, бірі екіншісін терістейтін; қарама-қарсы. .*

**ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ** зат. *Бір-біріне сәйкессіздік, алшақтық, бірін-бірі терістеушілік.*

**ҚАРАМА-ҚАРСЫ** үст. **1.** *Бір-біріне қарсы; ерсілі-қарсылы.* **2.** *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.* **3.** *Бір нәрсенің қарсы беті, алды.* **4.** *Бір-біріне жат, мүлдем бір-біріне қайшы; қарсы, кереғар, мүлдем үйлеспейтін.* **5.** *Керісінше, кері, сәйкес емес.* **6.** лингв. *Қарсылықты мағынаны білдіретін.*

**Қарама-қарсыдан дәлелдеу.** филос. <лат. reductio ad absurdum> *Белгілі пікірді дәлелдеу үшін оған қайшы пікір – антитезисті бекерге шығару арқылы орындалатын дәлелдеу тәсілі.* **Қарама-қарсы сауда.** экон. *Ыңғайласпа сауда, тауарлар, қызметтер көрсетілетін импорты экспортшылардың қарама-қарсы (ыңғайласпа) сатып алу жөнінде*

**ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ** зат. *Қайшылық, кереғарлық.*

**ҚАРАН=** ет. *Жан-жағына қарау, барлау.*

**ҚАРАНУ** *Қаран етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАНШЫҚ** зат. *Жай адам, қара бұқара өкілі.*

**ҚАРАҢ** сын. **1.** *Қараңғы, түнек.* **2.** ауыс. *Ауыр, қиын, азапты.* **3.** ауыс. *Мәнсіз, мағынасыз, бос; тұл, зая.*

**Қараң берді.** *Бой көрсетті, білінді, байқала бастады.* **Қараң болды.** а) *Жоғалды, құрыды, жоқ болды, қарасы батты.* ә) *Адыра қалды, жоққа шықты.* **Қараң етті.** *Кенеттен қарайып көрінді де, жоқ болды.* **Қараң қалғыр [қал]!** қарғ. *Адыра қал, иесіз қал, қаңырап қал деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Қараң қалды.** а) *Адыра қалды, иесіз қалды; қаңырап бос қалды.* ә) *Ұмытылды, қажетсіз болды, қағажу қалды.* **Қараң құрғыр!** қарғ. *Көзің жоғалғыр, жоқ болғыр!* **Қараң қылды.** *Жойды, құртты, қарасын батырды.*

**ҚАРАҢҒЫ** сын. **1.** *Жарық сәулесі жоқ, еш нәрсе көрінбейтін, түнгі кездегі қара түнек. // Тәуліктің күн батқаннан таң атқанға дейінгі кезеңі.* **2.** *Қарауытқан, күн сәулесі түспейтіндей қымталған, тұмшаланған, қапталған. // Зындан, абақты, түрме.* **3.** ауыс. *Сауатсыз, білімсіз, оқымаған.* **4.** ауыс. *Беймәлім, белгісіз, күмәнді.* **5.** ауыс. *Караниетті, арам.*

**Қараңғыда қалды.** *Дамымады, қатарына ілесе алды.* **Қараңғыда қарсақтың ізінен жаңылмайды.** *Барлағыш, ізшіл.* **Қараңғы дүние.** бейн. *Түнгі уақыт.* **Қараңғы жер.** *Кейбір заттарды бұзылып кетпеу үшін сақтауға қолайлы, күн сәулесі түспейтін салқын жер.* **Қараңғы көрге құлатты.** поэт. *Өлтірді, о дүниеге аттандырды.* **Қараңғы қабірі нұр болсын!** тілек. *Жатқан жері жаннат болсын деген мағынада кісісі өлген адамға көңіл айтуда қолданылатын сөзқолданыс.* **Қараңғыны қақ айырды.** *Түнекті жарды, қара түнектің дәл ортасынан сәуле шашты, надандықтан халықтың көзін ашты.* **Қараңғыны қармалады.** *Бағытсыз, бағдарсыз іс істеді.* **Қараңғы тартты.** *Күңгірттенді, қараңғылық қоюланды, ымырт үйірілді.* **Қараңғы түсті [туды].** *Кеш болды, қараңғы болды, күн батып, түн келді.*

**ҚАРАҢҒЫЛА=** ет. *Жарықтың жолын бекіту, қараңғы ету.*

**ҚАРАҢҒЫЛАН=** ет. **1.** *Қараңғы етілу, жарық түсірілмеу.* **2.** *Түн болу, қараңғы түсу, қараңғы болу.*

**ҚАРАҢҒЫЛАНУ** *Қараңғылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҢҒЫЛАТ=** ет. *Қараңғы еткізу, қымтап жапқызу.*

**ҚАРАҢҒЫЛАТУ** *Қараңғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҢҒЫЛАУ**[1] сын. **1.** *Жарығы аз, күңгірт.* **2.** ауыс. *Білімсіздеу, сауатсыздау.* **3.** ауыс. *Белгісіздеу, беймәлімдеу.*

**ҚАРАҢҒЫЛАУ**[2] *Қараңғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҢҒЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қараңғы түсушілік, түнектік.* **2.** ауыс. *Надандық, білімсіздік, сауатсыздық.*

**Қараңғылық басты.** а) *Түн болды, түнек басты.* ә) *Надандық жайлады.* **Қараңғылыққа батырды.** *Тас қараңғы қылды, қараңғы етті.* **Қараңғылық қапасы.** поэт. *Қиыншылық, азапты өмір.* **Қараңғылық құшағына кірді.** бейн. *Қараңыланды, қою қараңғылық түсті.* **Қараңғылық пердесі.** *Түн белгісі, түн қараңғысы.*

**ҚАРАҢҒЫШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қараңғылық.***

**ҚАРАҢДА=** ет. *Қарауытып, бұлдырлап көріну; қараң-құраң ету.*

**ҚАРАҢДАУ** *Қараңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҢ-ҚАРАҢ**: **қараң-қараң етті.** *Қараң-дап, қарауытып көрінді.*

**ҚАРАҢҚОЙ** зат. өс. <лат. bolboschoenus> *Өрмелегіш тамыр сабағында түйінек тәрізді буылтықтары бар қияқ тұқымдасының бір туысы.*

**ҚАРАҢ-ҚҰРАҢ** үст. **1.** *Әрең-әрең, әр жерден бір.* **2.** *Жиналған, топтанған. // Адам қарасы.*

**Қараң-құраң етті.** *Анық көрінбеді, көмескіленді.*

**ҚАРАҢҚЫРА=** ет. *Қайта-қайта қарау, қарай түсу.*

**ҚАРАОРМАН** зат. геогр. *Қарағайлы орманның тек қарағай ғана өсетін түрі, көбіне құрғақ құмды жердегі қалың тоғай. // Қаптаған қалың, есепсіз.*

**ҚАРАОТ** зат. өс. <лат. portulaca> *Дара желекті, қосжарнақтыларға жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**Қараот тұқымдасы.** өс. <лат. portulacaceae> *Бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ҚАРАОТТЫ** сын. *Қараотқа бай, қараоты мол.*

**ҚАРАӨЗЕК: қараөзек шақ.** *Қысқы соғым таусылып, аққа ауыз жарымай жатқан көктемнің бас кезі.*

**ҚАРАӨКПЕ** зат. вет. *Өкпесі қарайып кететін суықтан, ылғалдан болатын жылқы, түйе ауруы.*

**ҚАРАӨЛЕҢ** зат. өс. <лат. sparganium> *Сулы, батпақты жерлерде өсетін, бір үйлі қараөлең тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**ҚАРАӨРІК** зат. бот. <лат. prunus> *Бау-бақшаларда өсірілетін, раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы және осы ағаштың қара көк түсті, ірі сүйекті жемісі.*

**Қараөрік жемірі.** зоол. *Қараөріктің жемісін зақымдайтын жапырақ ширатқыш көбелек.*

**ҚАРАП**: **қарап болды.** сөйл. *Құрыды, жоқ болды, ысырап болды.*

**Қарап қылды.** сөйл. *Ысырап қылды, қадірін білмеді.*

**ҚАРАПАЙЫМ** сын. **1.** *Тұрмысы, табысы орта, қатардағы.* **2.** *Тәкаппар, менмен емес.* **3.** *Оңай, қолжетімді.* **4.** *Құрылысы оңай.* **5.** *Жай, әншейін.*

**Қарапайым будандастыру.** малшар. *Екі түрді бір-бірімен шағылыстыру.* **Қарапайым лексика.** лингв. *Әдеби тілдің нормасына жатпайтын сөздер, сөзтіркестері, грамматикалық тұлғалар.* **Қарапайым саты.** хим. *Бір, екі не одан да көп өзара жанасатын бөлшектердің (молекулалар, радикалдар, иондар) аралық қосылыстарға немесе реакция өніміне химиялық айналуы.* **Қарапайым сөйлеу тілі.** лингв. *Белгілі бір стильдік мақсатпен сөздерді дөрекі, тұрпайы етіп қолдану тәсілдерін құрайтын сөйлеу тілінің бір түрі.* **Қарапайым тамақ.** *Табиғи, құрамы күрделі емес, бойға сіңімді, жағымды, қолжетімді ас.* **Қарапайым ұстады.** *Көптің ішінен ерекшеленбеді, тәкаппарланбады.* **Қарапайым халық [жұрт].** а) *Көпшілік, жалпы халық.* ә) қоғ.-әлеу. *Шыншыл әділет іздеген, көбіне діттегені болмай қалатын, құқығы қорғалмай жататын әлеуметтік жағдайы төмен деңгейдегі көпшілік.* **Қарапайым шатыр.** әск. *Сарбаздар мен сержанттардың жабдық-тұрмандарының керек-жарақтары болып келетін бірнеше плащ-шатырлардан құрастырылған шатыр түрі.*

**ҚАРАПАЙЫМДАЛ=** ет. сөйл. *Қара-пайымдану, қарапайым күйге түсірілу.*

**ҚАРАПАЙЫМДАЛУ** *Қарапайымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАПАЙЫМДАН=** ет. *Қарапайым болу; жай қалыпқа түсірілу, қарапайымдалу.*

**ҚАРАПАЙЫМДАНДЫР=** ет. *Қарапайым ету, қарабайырландыру.*

**ҚАРАПАЙЫМДАНДЫРУ** *Қарапайымдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАПАЙЫМДАНУ** *Қарапайымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАПАЙЫМДАР** зат. зоол. <лат. protozoa> *Бір жасушалы эукариотты ағзалар.*

**ҚАРАПАЙЫМДАТ=** ет. *Қарапайым ету, жай қалыпқа түсіру.*

**ҚАРАПАЙЫМДАТУ** *Қарапайымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАПАЙЫМДАУ** сын. **1.** *Жұпынылау.* **2.** *Оңайлау, онша қиын емес, жеңілірек.* **3.** *Қарабайырлау, добалдау, төмендеу.*

**ҚАРАПАЙЫМДЫҚ** зат. сөйл. ***Қарапайымдылық.***

**ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ** зат. *Қатарда болушылық, тәкаппар еместік.*

**ҚАРАПАР** зат. егіншар. *Күздік немесе жаздық астық дақылдарын егу үшін көктем, жаз бойы даярланатын егістік жер.*

**ҚАРАПТАН-ҚАРАП** үст. **1.** *Бостан-босқа, еш себепсіз, жайдан-жай.* **2.** *Өз-өзінен, жынданғандай.*

**ҚАРАПЕЙІЛ** сын. *Караниет, арам.*

**ҚАРАР**[1] [ар. قرار] зат. заң. **1.** *Бұйрық, жарлық.* **2.** *Конституциялық құқықта парламент палаталарының бірі қабылдайтын құжаттардың атауы.* **3.** *Алқалы орган мәжілісінде немесе қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің жиналысында қайсыбір мәселені талқылау нәтижесінде қабылданған шешім.*

**Қарар қабылдады.** *Бір мәселе туралы шешім шығарды.*

**ҚАРАР**[2] зат. көне. **1.** *Сабыр, тағат, тыным, қанағат.* **2.** *Келісім, тыныштық, мойынсұну.*

**Қарар қылмады [таппады].** ескі кіт. а) *Тағат таппады, сабырсызданды.* ә) *Қанағат қылмады, місе тұтпады.*

**ҚАРАР**[3] зат. *Мекені, тұрған жері, тұрағы, үйі.*

**ҚАРАРСЫЗ** сын. *Еш нәрсеге қанағат қылмайтын, тойымсыз, обыр, мешкей. // Тойымсыз, қанағатсыз адам.*

**ҚАРАС** зат. *Назар аударғандық, көзқарас, тесіле қарағандық.*

**ҚАРАС=** ет. **1.** *Бір-біріне қарау, көз тастасу.* **2.** *Сырттан бақыласу, сүйсінісу.* **3.** ауыс. *Біреуге қарайласу, қол ұшын беру.*

**ҚАРАСАҒАН** зат. өс. <лат. girgensohnia> *Жапырағы қатты, қарама-қарсы орналасқан алабұта тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік туысы.*

**ҚАРАСАҚАЛ** зат. этн. *Орта жастан асқан, егде тарта бастаған адам, ер азамат.*

**ҚАРАСАН** зат. вет. <лат. gangreana emphysematosa> *Малдың дене қызуы жоғарылайтын, тері асты бүлшықеттері қабынып, қанды су жиналып, қараятын, ірі қара малда болатын жұқпалы ауру.*

**Қарасан келгір!** қарғыс. *Сиырға айтылатын «қарасанмен ауыр» деген мағынадағы қарғыс.*

**ҚАРАСЕКСЕУІЛ** зат. өс. <лат. haloxylon aphyllum> *Қисық бұтақты, салмағы ауыр, жапы-*

*рағы нашар жетілген сексеуіл туысына жататын ағаш, не бұта.*

**ҚАРАСОНАР** з а т . э т н . *Қар жаумаған, жер қарайып жатқан шақтағы аңға шығу.*

**ҚАРАСОРА** з а т . ө с . <лат. cannabis> *Суы тапшы, сораң жерде өсетін, сабағының сыртын иісті бездер мен түк басқан, жемісі бозсепкіл, жапырақтары кезектесіп орналасқан, құрамында есірткі заттар бар, малазықтық, тағамдық, дәрілік, жіпталшықты өсімдік.*

**ҚАРАСОРАҢ** з а т . ө с . <лат. suaeda phusopora> *Жапырағы таспа тәрізді, ұзынша, тұқымы жылтыр алабота тұқымдасына жататын біржылдық бұта, не шала бұта.*

**ҚАРАСӨЗ** з а т . **1.** *Жай сөз, қарапайым сөз.* **2.** ә д е б. *Проза-әңгіме, повесть, роман сияқты сөз ырғағы еркін, баяндау тәсілі көлемді көркем әдебиеттің үлкен саласы.* **3.** ә д е б. *Абай қалыптастырған ойтолғау, афоризм түріндегі қоғамдық, саяси мәселелер жайындағы шағын нақыл әңгіме.* **4.** а у ы с . *Шешендік, тапқырлық.*

**Қарасөзді қамшы қылды.** п о э т . *Тапқыр сөйледі, қарапайым сөзден келістіріп өрнек өрді, шешен сөйледі.*

**ҚАРАСТЫ** ү с т . *Біреуге не белгілі бір ауыл, облыс, мекеме т.б. қарайтын, соның иелігіндегі.*

**ҚАРАСТЫР=** ет.**1.***Бір нәрсені іздестіру, табуға тырысу, қарау.* **2.** а у ы с . *Бір нәрсені ойластыру, қам жасау.* **3.** а у ы с . *Анықтау, мән-жайға үңілу.* **4.** а у ы с . *Зерттеу, мәселе көтеру, тексеру.*

**ҚАРАСТЫРУ** *Қарастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАСТЫРУШЫ** з а т . *Бір нәрсені іздеуші, тексеріп ойластырушы.*

**ҚАРАСТЫРЫЛ=** е т . **1.** *Іздестірілу, қаралу.* **2.** а у ы с . *Ойластырылу, қам жасалу.* **3.** а у ы с . *Анықталу, мән-жайына үңілу.* **4.** а у ы с . *Зерттелу, тексерілу.*

**ҚАРАСТЫРЫЛУ** *Қарастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАСУ[1]** з а т . г е о г. *Таулы өлкелер етегі, сай, жылға, өзен аңғарлары және қырат беткейлеріндегі кең алқапта көп жерден шығып жататын жерасты суының көзі.*

**ҚАРАСУ[2]** *Қарас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАСҰЛЫ** з а т . ө с . <лат. abena fatua> *Жапырағы ұзын, ұшы сүйір, сырты түкті астық тұқымдасына жататын біржылдық арам шөп.*

**ҚАРАСҮЙЕКТЕН =** е т . *Балқарағай дәнінің толысып қатаюы.*

**ҚАРАСҮЙЕКТЕНУ** *Қарасүйектен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАСҮЙЕЛ** з а т . в е т . *Қозы, лақ, тоқты, серкештердің әуелі ауыз, ерін, сирағына шығып, артынан қопарылып түсетін бөрткен түрінде жұқпалы мал ауруы.*

**ҚАРАСЫЗ** с ы н . *Ешбір мал-жаны жоқ, түксіз, дымсыз. // Кедей, жарлы-жақыбай.*

**ҚАРАСЫН[1]** з а т . **1.** *Бір нәрсенің алыстан көрінген қарасы, бейнесі; қара-құрасы.* **2.** *Құрамы, саны.* **3.** *Біреуге көмекші, серік.*

**ҚАРАСЫН[2]** с ы н . *Қары кетіп, ойдым-ойдым қарайып жатқан (жер).*

**ҚАРАСЫНДА=** е т . *Қары кетіп, қара қоңыр тарту.*

**ҚАРАСЫНДАУ** *Қарасында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАСЫРА=** е т . *Елегізу, жалғызсырау.*

**ҚАРАСЫРАУ** *Қарасыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАТ=** е т . **1.** *Бетін бір жаққа қарай бұрғызу.* **2.** а у ы с . *Қарауылдату, күзеттіру, аңдыту.* **3.** а у ы с . *Арнайы себептермен бір мәселені кейінге қалдыру, тосқызу.* **4.** а у ы с . *Біреуге әдейі айту, тікелей арнау, бағыттау.* **5.** а у ы с . *Күшпен жаулап алу, тәуелді ету, бағындыру.* **6.** а у ы с . *Еркіне көндіру, баурап алу; өзіне жақ ету.* **7.** а у ы с . *Табыс табу, пайда түсіру.*

**Қаратып алды.** а) *Бері қаратты, өзіне бұрды.* ә) *Қыз бар өнерін салып өзі ұнатқан жігітті өзінікі етті.*

**ҚАРАТА** з а т . *Лезгин тайпаның бірлестігі.*

**ҚАРАТАБАН** з а т . *Сіңірі шыққан кедей, жалшы, жалаңаяқ.*

**ҚАРАТАБАН: қаратабан болды.** *Малдың төлі өсті, аяқтанды, марқайды.*

**ҚАРАТАЛАҚ** з а т . в е т . <лат. anthrax> *Ішектегі жынның қатуынан болатын жылқы ауруы.*

**Қаратлалақ келгір.** қ а р ғ . *Сиыр малына айтылады.*

**ҚАРАТАМАҚ** з а т . ө с . ***Наурызек.***

**Қаратамақ шымшықтар.** з о о л . *Тамағының жүні қара кішкене құс.*

**ҚАРАТАМЫР** з а т . **1.** ө с . <лат. cynoglossum> *Жапырағы қандауыр не жұмыртқа пішінді, гүлі ақ, көк, көгілдір, қызыл қоңыр, 60-90 см келетін айлық тұқымдасының бір туысы.* **2.** ф а р м. *Қақырық түсіретін, қанды ұйытатын дәрілік препарат.*

**ҚАРАТАРЛАН** з а т . з о о л . *Басы жалпақ, тарғыл түсті, денесі кішкене болып келетін қаршығаның бір түрі.*

**ҚАРАТАУ: Қаратау арқары.** з о о л . <лат. ovis ammonnigrimontana>. *Сырдария Қаратауының жазықтау жоталарын мекендейтін, өте сирек кездесетін, Қазақстанда таралған жабайы тау қойының бір түрі.* **Қаратау иттабаны.** ө с. <лат. frankeniaceae transkaratavica botsch>. *Иттабандар тұқымдасы иттабан туысына жататын Қазақстанда таралған өсімдік.* **Қаратау қауы.** ө с. <лат. stipa karataviensis> *Жапырақтары жіңішке қылша сияқты бұралған, астық тұқымдасы қау туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Қаратау сасыққурайы** ө с. <лат. dorema karataeviense> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын, сирек кездесетін көпжылдық шөптесін эфемероидті өсімдік.*

**ҚАРАТАЯҚ** з а т . с ө й л . *Ертеректе қалада оқығандарға қойылған кекесін ат.*

**ҚАРАТЕҢБІЛ: қаратеңбіл бақа.** з о о л . *Бақаның Қазақстанда кездесетін түрі.*

**ҚАРАТЕРЕК** з а т . ө с . <лат. populus nigra> *Гүлі қос үйлі, гүл шоғы сырға тәрізді тал тұқымдасының бір түрі.*

**ҚАРАТОПЫРАҚ** з а т . г е о г р . *Орманды дала және дала аймағында көпжылдық шөптесін өсімдіктер өскен жерде түзілетін қарашірігі көп құнарлы топырақ.*

**ҚАРАТОПЫРАҚТЫ** с ы н . г е о г р . *Шірінді заттарға бай, қара түсті құнарлы топырағы бар, содан тұратын (жер, аудан т.б.).*

**ҚАРАТОРҒАЙ** з а т . з о о л . <лат. sturnidae> *Тропиктік, субтропиктік аймақтарда кездесе-тін торғай тәрізділер отрядына жататын сай-рауық құс.*

**ҚАРАТПА**: **қаратпа сөз.** л и н г в. *Тыңдаушының не оқырманның назарын өзіне аудару үшін белгілі бір ой қаратыла айтылатын оқшау сөз.*

**ҚАРАТУ** *Қарат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАТҰРПАН** з а т . з о о л . <лат. white-win-ged stoter> *Қаз тәрізділер отряды – үйрек тұқымдасына жататын қара түсті сирек кездесетін құс.*

**ҚАРАТҰЯҚ** з а т . в е т . *Малдың тұяғы қарайып, ақсап қалатын жұқпалы ауруы.*

**ҚАРАТҰЯҚ** з а т . с а я т . *Қыран құстың тырнағы.*

**Қаратұяқ болды.** а) *Мал төлі-нің буыны бекіп, бұғанасы қатты.* ә) *Ер жетті, ес білді.*

**ҚАРАТҮЙНЕК** з а т . в е т . *Адамда, малда болатын ішек түйіліп қалатын ауру.*

**ҚАРАТЫШҚАҚ** з а т . в е т . *Ыстық кездері ой жерлердегі, өлі су ішуден болатын, іштен қара түсті сұйық ағатын ауру.*

**ҚАРАТІЛ** з а т . *Сиырдың жүйрігі.*

**ҚАРАТІЛ: қаратіл кез.** к ә с . м а л ш а р . *Жылқы малының жазғытұрым көкке тойына бастаған кезі.*

**ҚАРАТІКЕН**: **қаратікен тұз.** х и м . *Өзен, көлдерден алынып, өңделмеген күйінде қаланылатын, әдетте малға жалататын, мұз сияқты қара көк түсті кесек-кесек тұз.*

**ҚАРАУ[1]** *Қара етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көз салу, байқастау.* **2.** а у ы с . *Іздестіру, қарастыру.* **3.** а у ы с . *Бағып, күту.* **4.** а у ы с . *Бағыну, мойынсыну, қарамағында болу.* **5.** а у ы с . *Байқау, бағамдау, бағдарлау.* **6.** а у ы с . *Белгілі бір қырынан тану.* **7.** а у ы с . *Зерттеу, қарастыру.* **8.** а у ы с . *Тосу, бөгелу.* **9.** а у ы с . *Бағып-қағу, мәпелеу, баптау.* **10.** а у ы с . *Арнайы сөз ету, талқылау.* **11.** а у ы с . *Оқу, оқып шығу.* **12.** а у ы с . *Ескеру, мән беру.* **13.** а у ы с . *Бағыну, мойындау.*

**Қарауға дәті шыдамады.** *Қарай алмады, қатты ыңғайсызданды.* **Қараумен болды.** *Ұзақ қарады.*

**ҚАРАУ[2]** с ы н . **1.** *Әділетсіз, қиянатшыл, зорлықшыл, қараниет, арам.* **2.** *Ешкімге еш нәрсе бермейтін қолы тар; сараң.*

**ҚАРАУ[3]** с ы н . ж е р г . **1.** *Өте көп, бітік.* **2.** а у ы с. *Жер қайысқан, қалың, нөпір.*

**ҚАРАУДАР** з а т . е с к і к і т. **1.** *Пана, қорған.* **2.** *Күзет, қарауыл.*

**ҚАРАУЛЫҚ** з а т . *Әділетсіздік, қиянатшылдық, көрінеу зорлық көрсету, қисынсыз айыптау сияқты адам бойындағы жағымсыз қылық.*

**ҚАРАУСЫЗ** с ы н . **1.** *Ешкім қарамаған, күтімсіз, бағусыз.* **2.** а у ы с . *Талқыланбайтын, қаралмай, сөз етілмей.*

**Қараусыз қалды.** а) *Күтімі болмады, үй-күйсіз босып кетті, далада қалды.* ә) *Қажетке жарамады, құнынан айырылды, керексіз болып қалды.*

**ҚАРАУСЫЗДЫҚ** з а т . *Бағусыздық, күтімсіздік.*

**ҚАРАУШЫ** з а т . **1.** *Бір нәрсені бақылап, қарап тұрған кісі.* **2.** а у ы с . *Тексеруші, байқаушы адам, инспектор.*

**ҚАРАУШЫЛЫҚ** з а т . *Қарағандық, білгендік.*

**ҚАРАУЫЗ** з а т . к ә с . т ү й е ш а р. *Боталаған түйенің желініне жиналған алғашқы сүті.*

**ҚАРАУЫНДА** ү с т . *Қол астында, қарамағында, иелігінде, меншігінде.*

**ҚАРАУЫЛ[1]** з а т . **1.** *Бір нәрсені қорғаушы, сақтаушы; күзет.* **2.** ә с к. *Қару-жарақ пен ұрыс техникасы қоймаларын қорғауға және күзетуге арналған әскери қызмет.* **3.** ә с к. *Мылтық оқпанының ұшына нысананы көздеу үшін орналастырылған тетік.*

**ҚАРАУЫЛ[2]** з а т . **1.** *Көздеп ататын нысана.* **2.** *Мылтық ұшындағы көзделетін нысанаға қарай бағытталатын, көздеу бөлігі.*

**Қарауылға алды.** *Нысана етті, көздеді.* **Қарауыл мұнарасы.** *Өте биік етіп тұрғызылған минарет.* **Қарауылына ілікті.** *Көзіне түсті, назарына шалынды.*

**ҚАРАУЫЛДА=** е т . **1.** *Бір нәрсені қору, бақылау.* **2.** *Күзету, аңду.*

**ҚАРАУЫЛДАТ=** е т . *Бақылату, күзеттіру.*

**ҚАРАУЫЛДАТУ** *Қарауылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАУЫЛДАУ** *Қарауылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАУЫЛДАУШЫ** з а т . *Қарауыл қарау-шы, күзетші.*

**ҚАРАУЫЛДЫҚ** з а т . *Қарауыл болушылық, күзетші міндетін атқарушылық.*

**ҚАРАУЫЛСЫЗ** с ы н . **1.** *Қарауылы, күзеті жоқ.* **2.** *Қараусыз, қауіп-қатерсіз, бейқам.*

**ҚАРАУЫЛТӨБЕ** з а т . *Жан-жағы түгелдей көрінетін биік жер.*

**ҚАРАУЫЛХАНА** з а т . *Қарауыл тұратын үй, бөлме.*

**ҚАРАУЫЛШЫ** з а т . *Қарауыл адам, күзетші.*

**ҚАРАУЫЛШЫЛЫҚ** з а т . *Қарауыл болушылық, күзетшілік.*

**ҚАРАУЫТ=** е т . *Қарайып көріну, күңгірттену, әрең көріну.*

**ҚАРАУЫТУ** *Қарауыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАУЫТЫҢҚЫРА=** е т . *Сәл қарауыту, күңгірттену.*

**ҚАРАУЫТЫҢҚЫРАУ** *Қарауытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАҮЙ** зат. этн. **1.** *Қараша үй, ақ үйдің өзімен қатар тігілетін асхана ретінде пайдаланылған қосалқы киіз үй.* **2.** *Күй-тұрмысы нашар, малы аз, шаруаның, жалшының т.б. қоңыр киізбен жабылатын киіз үйі.* **3.** *Киіз үй.*

**ҚАРАҮЙЛІ** сын. *Күй-тұрмысы нашар, шаруа жайы кем мағынасында.*

**ҚАРАША**[1] зат. *Күз мезгілінің қазаннан кейін келетін үшінші айы.*

**ҚАРАША**[2] зат. көне. *Хан, сұлтанға бағынышты халық.*

**ҚАРАША**[3] сын. *Нағыз қара емес, қараға таяу, қара қоңыр (түс).*

**Қараша қаз.** *Күздігүні жылы жаққа қайтатын, қара қоңыр түсті қаз.* **Қараша үй.** этн. а) *Көлемі шағын, көтерме туырлықты, көбіне күз айларында тігілетін, ыс сіңгендіктен қоңырқай тартқан, көбіне ауқаттылар үй шаруашылығына қажетті үй ретінде пайдаланатын киіз үйлердің бір түрі.* ә) *Дәулеті шағын немесе үлкен үйге қызмет істейтін кедей-кепшік, көрші-қолаң үйі.*

**ҚАРАШАҒАЛА** зат. зоол. <лат. chlidonias nigra> *Татреңтәрізділер отряды, шағала тұқымдасына жататын, түсі қара, қанаты, құйрығы және арқасы көк, құйрығының асты ақ, тұмсығы қара, аяғы қызыл қоңыр, ал қыста маңдайы, көз айналасы, бауыр жағы ақ, арқасы қаракөк болып құбылатын құс туысы.*

**ҚАРАШАЙ** зат. *Ресей Федерациясының құрамына енетін Қарашай-Черкес Республикасындағы түркі тілдес жергілікті халық.*

**Қарашай тілі.** лингв. *Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобына кіретін кейде «қарашай-балқар тілі» деп те, «тау түркілерінің тілі» деп те аталатын, қарашайлар сөйлейтін тіл.*

**ҚАРАШАЙ-БАЛҚАР: қарашай-балқар тілі.** *Қарашайлар мен балқарлардың тілі.*

**ҚАРАШАЙЫР** зат. өс. <лат. cynodon doctylon> *Жапырағы ұзынша, сырты түкті, тұқымы ұсақ, астық тұқымдасына жататын көпжылдық арам шөп.*

**ҚАРАШАҚАЗ** зат. зоол. <лат. branta bernicla> *Қаз тәріздiлер отрядының үйректер тұқымдасына жататын құстың түрі.*

**ҚАРАШЕГІРТКЕ** зат. зоол. <лат. calliptamus> *Дене тұрқы 14,5–48 мм, қара қоңыр, үстіңгі қанаты қатты, қара дақтары бар, астыңғы қанаты жұмсақ, қызғылт болып келетін шегіртке.*

**ҚАРАШЕКПЕН** зат. тар. саяси.-әлеум. *Қазақстанда қоныстанған орыс шаруалары; егіншаруашылығымен айналысқан шаруа.*

**ҚАРАШЕШЕК** мед. *Шешектің аса қауіпті түрі.*

**ҚАРАШЕШЕКТЕЙ** сын. *Қарашешек сияқты, қарашешек тәрізді.*

**Қарашешектей жайлады.** а) *Барынша бойды билеп алған деген ұғымда.* ә) *Бүкіл елге таралды.*

**ҚАРАШОҒЫРЛАН=** ет. *Топ-топ болу, көбею, басы бірігу, құралу.*

**ҚАРАҚОҒЫРЛАНУ** *Карашоғырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАШУЛАН** сын. *Қарасы басымырақ, молырақ түс.*

**ҚАРАШҰБАР** сын. *Ақ пен қара түстер араласып келген.*

**Қарашұбар жылан.** зоол. <лат. coluber> *Тропик аймақтарда кең тараған қабыршақтылар отряды, сұжыландар тұқымдасының бір туысы.*

**ҚАРАШЫ** зат. тар. **1.** *Бай ауылдардың, әлділердің төңірегіндегі қара халық; кедей-кепшік, жарлы-жақыбай, қызметші.* **2.** *Хан ордасындағы ақылшы, кеңесші.*

**ҚАРАШЫБЫН** зоол. **1.** *Дене тұрқы қара түсті шыбын.* **2.** *Қаптаған, қалың шыбын.*

**ҚАРАШЫҒЫМ** зат. экспр. **1.** *«Қарағым, қалқам, күнім» деген мағынада айналып-толғану, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш сөз.* **2.** *Ата-ананың не жасы үлкен адамның қайтыс болған баласын жоқтап айтатын «жалғызым», «құлыным» деген мағынадағы жоқтау мәнді атауыш.* **3.** ауыс. *Бала, сәби, перзент.*

**ҚАРАШЫҒЫН** зат. тар. *Патшалық Ресей тұсында соғысқа жәрдем ретінде қазақ халқынан жиналатын қосымша салық.*

**ҚАРАШЫҚ** зат. <лат. pupilla> **1.** *Көз алмасының ортасындағы қара түсті кішкене ноқат.* **2.** анат. *Торлы қабыққа өтетін жарық мөлшерін реттейтін, көздің түсті қабығының ортасындағы дөңгелек тесік, көздің негізгі көру қызметін атқаратын бөлігі.* **3.** ауыс. *Әлпештеген баласы, жанына балаған сәбиі.*

**Қарашығын батырды.** *Жойып жіберді, жоқ қылды, көзін құртты.*

**ҚАРАШЫҚСЫЗ** сын. *Қарашығы жоқ, жанарсыз (көз).*

**ҚАРАШЫҚТАЙ** сын. **1.** *Қарашық сияқты, қарашық тәрізді.* **2.** ауыс. *Кішкентай, болар-болмас.*

**ҚАРАШЫЛ** сын. **1.** *Кездескен малдың, үйдің төңірегінен шықпайтын, қараға үйір (жылқы).* **2.** ауыс. *Жалғыз жүре алмайтын; көпшіл, қауымшыл.*

**ҚАРАШЫЛДЫҚ** зат. *Қарашылға тән қасиет; қараға үйірлік.*

**ҚАРАШЫЛЫҚ** зат. *Қара халықты жақтаушылық.*

**ҚАРАШЫМШЫҚ** зат. зоол. <лат. turdus merula> *Қоразының қауырсыны, аяғы қара, мекиені қара қоңыр, балапандары қара қоңыр болып келетін шымшық туысына жататын кішкене құс.*

**ҚАРАШЫН** зат. көне. *Біреудің кегін жоқтаушы, қорғаушы.*

**ҚАРАШІРІК**[1] зат. биол. <лат. humus> *Топырақ ішіндегі қарақоңыр түсті органикалық зат; гумус.*

**ҚАРАШІРІК**[2] зат. бот. <лат. cotoneaster> *Кейбір бақша дақылдарында кездесетін ауру.*

**ҚАРАЫРҒАЙ** зат. өс. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 3 метрге жететін бұта.*

**ҚАРАЮ** *Қарай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРАЯҚ: қараяқ ішік.** этн. *Түлкінің қылшықты келген жон, бауыр, аяқ терілерінен жасалған ішіктің түрі.*

**ҚАРБАЛАҢ** үст. сөйл. ***Қарбалас.***

**ҚАРБАЛАС** үст. *Тығыз-таяң, асығыс, қауырт. // Асығыс-үсігіс қимыл, жанталасқан мезгіл, кез, уақыт.*

**ҚАРБАЛАС=** ет. *Жанталасу, жанұшыру.*

**ҚАРБАЛАСТАУ** сын. *Тығыздау, қысылтаяңдау.*

**ҚАРБАЛАСТЫҚ** зат. *Асығыстық, қауырттық, тығыз-таяңдық.*

**ҚАРБАЛАСУ** *Қарбалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБАН=** ет. *Оны-мұны әрекет жасау, талпыну, тырысу, тырбану.*

**ҚАРБАНУ** *Қарбан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБАҢДА=** ет. *Ебедейсіз қимылдау, қалбалақтау.*

**ҚАРБАҢДАУ** *Қарбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБАҢ-ҚҰРБАҢ** үст. **1.** *Қарбаң-қарбаң, қорбаң-қорбаң, ебедейсіз.* **2.** *Елпілдеп, қалбалақтап.*

**Қарбаң-құрбаң етті.** *Қарбаңдап ебедейсіз қимылдады, қалбалақтады, ілініп-салынды.*

**ҚАРБЫ=** ет. **1.** *Бір нәрсені молынан асау, жеу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені молынан алып қалу, мүмкіндігінше көбірек қамту.*

**ҚАРБЫҒУ** *Қарбық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБЫЗ** зат. бот. <лат. citrullus> *Асқабақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық, сырты домалақ жасыл, не жасыл ала, іші қызыл шырыны мол, сусындық бақша өсімдігі және осы өсімдіктің тәтті жемісі.*

**ҚАРБЫҚ=** ет. жерг. *Шаршау, болдыру, титықтау.*

**ҚАРБЫН=** ет. *Асап жеу, тою.*

**ҚАРБЫНУ** *Қарбын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБЫТ=** ет. **1.** *Молынан асау, жеу.* **2.** *Сылқия тою, құмарынан шығу, тояттау.* **3.** ауыс. *Молынан қамту.* **4.** ауыс. *Өндіріп істеу.*

**ҚАРБЫТТЫР=** ет. *Жегізу, тойдыру, ішпжем беру.*

**ҚАРБЫТТЫРУ** *Қарбыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБЫТУ** *Қарбыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРБЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Молырақ асау, көбірек жеу.*

**ҚАРБЫТЫҢҚЫРАУ** *Қарбытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒА**[1] зат. **1.** *Тамақ талғамай, көбіне өлексемен күнелтетін түсі қара, еті арам құс.* **2.** ауыс. экспр. *Бала, перзент, бауыр еті.*

**Қарға бойлы.** *Кішкентай, бойы аласа, тапал.* **Қарға [қатын] бүтты қараазбен [қара кемпір].** миф. көне. *Дене тұрқының үстіңгі жағы мен астыңғы жағы екі түрлі кейіпте болатын жамандықтың, қара күштің иесі ретіндегі мифологиялық кейіпкер.* **Қарға саусақ.** *Әбден кір болған, құс саусақ.* **Қарға сүйек.** <лат. os coracoideum> биол. а) *Құстардың иық белдеуіндегі ең ірі сүйек.* ә) *Құрлықта тіршілік ететін омыртқалы жануарлардың иық белдеуін құрауға қатыса-тын элемент.* **Қарға тамырлы.** *Ілік-шатысы мол, өте жақын.* **Қарға тамырлы ел [қазақ].** *Бір-бірімен ілік-шатысы, тамыр-танысы көп жұрт.* **Қарға тұқымдасы.** зоол. <лат. corvidae> *Дене бітімі тығыз, басы үлкен торғайлар отрядының ішіндегі ең ірі құс.* **Қарға тұмсық.** *Ұшы үшкір, үсті дөңес, шығыңқы, сүйкімсіз тұмсық.* **Қарға тұяқ.** *Қатып-семген, ұсқынсыз; қытымыр (адам).* **Қарға тырнақ.** этн. қолөнер. *Қарғаның тырнағына ұқсаған ою түрі.*

**ҚАРҒА**[2] зат. *Ойын картасының қара түсті жүрекше салынған түсі.*

**ҚАРҒА**[3]= ет. *Біреуге жамандық тілеу, қарғыс жаудыру, нәлет айту.*

**ҚАРҒААДЫМ: қарғаадым жер.** этн. *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**Қарғаадым жер бастырмады.** *Аттатпады, жүргізбеді, тыпыр еткізбеді.* **Қарғаадым жер мұң болды.** *Қарыс жер жүру қиынға соқты, күш-қуат кетті.*

**ҚАРҒАДАЙ** сын. **1.** *Қарға сияқты, қарға тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай, жас.*

**Қарғадай бала.** экспр. *Кәмелетке толмаған жасөспірім.* **Қарғадай шулады.** *У-шу болды.* **Қарғадай шуылдады.** *Бір-біріне дес бермей, у-шу қылды.*

**ҚАРҒАДАЙЫНАН** үст. *Кішкентай кезінен бастап, жастайынан.*

**ҚАРҒАКӨЗ** зат. өс. <лат. paris> *Ылғалды жерлерде өсетін, қара домалақ жемістері бар өсімдік.*

**ҚАРҒА-ҚҰЗҒЫН** зат. *Қарға және құзғын, екеуі де.*

**ҚАРҒАЛ=** ет. *Қарғыс айтылу (есімше формасында келіп, қарғыс атқан, қарғалып-сіленіп, лағнет айтылған өмір, заман деген мағынаны білдіреді).*

**ҚАРҒАЛУ** *Қарғал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒАЛЫҚ** сын. **1.** *Қарғаға тән, қарғаға қатысты.* **2.** ауыс. *Боқтыққа, өлексеге үйір болушылық.* **3.** ауыс. *Жаман нәрсеге, көкірщүкірге үйірсектік.*

**ҚАРҒАМ** зат. экспр. *«Қарағым, қалқам» деген мағынадағы баланы, өзінен кішіні еркелетіп, жақсы көру нышанымен айтатын қаратпа атауыш.*

**ҚАРҒАМПАЗ** сын. *Қарғысты көп айтатын, қарғыс айтуға бейім.*

**ҚАРҒАН=** ет. *Ашу-ызадан, шарасыздықтан, күйіністен қарғыс айту, лағнет жаудыру.*

**ҚАРҒАНУ** *Қарған етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒАП-СІЛЕ=** ет. *Қарғау, сілеу, лағнет айту, қарғыс жаудыру.*

**ҚАРҒАП-СІЛЕУ** *Қарғап-сіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒАТ=** ет. *Қарғап-сілету, лағнет айтқызу.*

**ҚАРҒАТАБАН** зат. өс. *Басындағы бүрі қарғаның табанына ұқсас бұжыр-бұжыр өсімдік.*

**ҚАРҒАТАЙ** зат. экспр. *Бала, сүйікті, перзент, қарашық деген мағынадағы атауыш.*

**ҚАРҒАТОЙ** зат. этн. *Ұзақ, қарғалар ұшып келгенде, көктемде жасалатын қуаныш-той.*

**ҚАРҒАТУ** *Қарғат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒАТҰМСЫҚ** зат. зоол. *Дене тұрқы 10-12 мм, құмға көмілмейтін мөлдір денелі дернәсіл.*

**ҚАРҒАТҰЯҚ** зат. өс. <лат. falcaria sioides> *Биіктігі жарты метрден асатын, шатыргүл-ділер тобына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ҚАРҒАУ** *Қарға етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒАШ** зат. экспр. *«Қарғатай, сәулетай» деген мағынада айтылатын қаратпа атауыш.*

**ҚАРҒАША**[1] зат. **1.** *Бір нәрсені біріктіріп ұстап тұратын екі басы иілген темір.* **2.** *Шытынап кеткен, сынған ыдысқа салынатын құрсау.*

**ҚАРҒАША**[2] зат. *Өртті тоқтату үшін өрт келе жатқан жақтың шөбін жіңішкелеп өртегенде қалдырылатын ашық жер.*

**ҚАРҒАША**[3] үст. **1.** *Қарға тәрізді, қарғаға ұқсап.* **2.** ауыс. *Қаптап, үймелеп.*

**Қарғаша шуылдады.** *Улап-шулады, у-шу қылды.*

**ҚАРҒАШАЛА=** ет. *Қарғаша салу.*

**ҚАРҒАШАЛАУ** *Қарғашала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒИ-ҚАРҒИ** үст. *Қайта-қайта қарғып, секіре-секіре.*

**ҚАРҒУ** *Қарғы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒУШЫ** зат. *Қарғитын адам.*

**ҚАРҒЫ** зат. **1.** этн. *Иттің мойнына тағатын былғарыдан, металдан не киізден жасалған жабдық; қарғыбау.* **2.** көне. *Ертеде лауазымды кісілердің мойнына тағатын медальон тәрізді алқасы; лауазым белгісі.*

**ҚАРҒЫ=** ет. **1.** *Секіру, ырғу.* **2.** ауыс. *Өмірден керегін қарбытып алу, қызметтен жоғарылау.*

**Қарғып тұрды.** *Тез, шапшаң, ұшып тұрды, ыршып тұрды.*

**ҚАРҒЫБАУ** зат. **1.** этн. *Иттің мойнына тағатын былғарыдан, металдан не киізден жасалған жабдық.* **2.** көне. ***Қарғы*** *(би, болыстар тағатын қызмет дәрежесін көрсететін алқа, белгі).* **3.** этн. *Құдаласқан адамның қалыңмалдың сыртында беретін ырымы.*

**ҚАРҒЫЛА**[1]**=** ет. **1.** *Қарғы тағу, қарғы байлау.* **2.** ауыс. *Тыйым салу, рұқсат етпеу.*

**ҚАРҒЫЛА**[2]**=** ет. *Қайта-қайта қарғу, секіре беру.*

**ҚАРҒЫЛАН=** ет. *Қарғы тағылу.*

**ҚАРҒЫЛАНУ** *Қарғылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒЫЛАТ=** ет. *Қарғыту, секірте беру.*

**ҚАРҒЫЛАТУ** *Қарғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒЫЛАУ** *Қарғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒЫЛЫ** сын. **1.** *Қарғысы бар, қарғы байланған.* **2.** ауыс. экспр. мысқыл. *Туралықтан тайған, күші басым жоғарыдағы біреудің айдауымен, дегенімен жүретін (қызмет иесі).*

**ҚАРҒЫМПАЗ** сын. *Қарғуға бейім, қарғығыш.*

**ҚАРҒЫН** зат. *Сай-сайдан, жылғадан аққан құм-тасы аралас жауын суы; тасқын.*

**ҚАРҒЫП-ҚАРҒЫП** үст. *Қайта-қайта қарғып, секіріп.*

**ҚАРҒЫС** зат. **1.** *Зәбір-жапа шегіп, қорлық көрген, азап көрген адамның жәбірлеушісіне ашынып айтатын; жек көрген адамға айтылатын жаман тілек, балағат сөз, лағнет, нәлет. // Қарғысқа қалушылық, наласы тиюшілік.* **2.** ауыс. *Теріс пиғыл, кері көзқарас.*

**Қарғыс айтты.** *Нағылет айтты.* **Қарғыс алды.** *Біреуден нағылет алды, наласына қалды.* **Қарғыс арқалады.** *Қарғысқа шалдықты, қарғалды, қарғыстан басқа ештеңе естімеді.* **Қарғыс атқан.** *Антұрған, оңбаған.* **Қарғыс атсын [атқыр]!** қарғыс. *Айтылған қарғыс дөп келсін, қарғыс ұрсын деген мағынадағы шарасыздықтың ең соңғы шегінде айтылған сөз.* **Қарғыс дарыды.** *Жамандыққа ұшырады.* **Қарғыс естіді.** *Көптің көңілінен шықпады, көптің наласына қалды.* **Қарғыс жібермеді.** *Жолы болмады, оңбады.* **Қарғысқа ұшырады.** *Қарғысқа қалды, нәлет естіді, Біреудің наласына қалды.* **Қарғысы қара басына көрінсін!** қарғыс. *Тілеген жамандығы өзіне келсін деген мағынада.* **Қарғысы қара тасқа!** қарғыс. *Қара тілегі далаға кетсін деген мағынада.* **Қарғысы тиді [атты].** *Біреудің нағылеті тиді, жаман тілегіне ұшырады.*

**ҚАРҒЫСТА=** ет. *Қарғыс айту, жаманшылық тілеу, нағылет айту.*

**ҚАРҒЫСТАУ** *Қарғыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҒЫСШЫЛ** сын. *Қарғысты көп айтатын, қарғыс айтуға бейім.*

**ҚАРҒЫТ=** ет. **1.** *Секірту, ырғыту.* **2.** *Көзді ашып-жұмғанша тез жету.*

**ҚАРҒЫТУ** *Қарғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРДАЙ** сын. **1.** *Қар сияқты, қар тәрізді.* **2.** ауыс. *Аппақ, кіршіксіз.*

**Қардай борады.** *Үсті-үстіне төпеледі, жауып кетті, көбейді.* **Қардай боратты.** *Үсті-үстіне бұрқыратты, жаудырды.* **Қардай тоздырды.** *Быт-шытын шығарды, тас-талқан етті.*

**ҚАРДАР**[1] [ир. خریدار] зат. көне. *Бір нәрсені кепілдік беріп сатып алушы адам.*

**ҚАРДАР**[2] сын. ескі кіт. *Құрметті, қадірлі.*

**ҚАРДАШ** зат. ескі кіт. *Қандас туыс, бауыр.*

**ҚАРЕКЕТ** [ар. حركة] зат. **1.** ескі кіт. *Әрекет, іс.* **2.** *Тірлік, шаруа, тіршілік.*

**ҚАРЕКЕТСІЗ** сын. ескі кіт. **1.** *Әрекетсіз, іссіз, бос.* **2.** *Алаңсыз.*

**ҚАРЕКЕТШІЛ** сын. ескі кіт. *Тыныш отырмайтын, шаруақор, тынымсыз.*

**ҚАРЖАЛ=** ет. көне. **1.** *Қатты шаршау, болдыру, титықтау (ат).* **2.** ауыс. *Күш-қуаты азаю, қажу (адам).*

**ҚАРЖАЛТ=** ет. *Шаршату, болдырту, титықтату.*

**ҚАРЖАЛТУ** *Қаржалт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖАЛУ** *Қаржал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖАС=** ет. **1.** *Егесу, тартысу, тайталасу.* **2.** *Алысу, жұлысу.* **3.** *Сөз жарыстыру, айтысу, таласу.*

**ҚАРЖАСУ** *Қаржас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖЫ** [ар. خرج] зат. <франц. finance> **1.** *Ақша, қаражат, пұл.* **2.** экон. *Мемлекеттің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңи және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатының құралу, бөліну, қайта бөліну, пайдаланылу үдерісін сипаттайтын іргелі, қорытындылаушы экономикалық санат, осы үдеріс барысында туындайтын ақша қатынасы.*

**Қаржы активтері.** экон. *Жеке немесе заңи тұлғалардың ақшалай қаражаты; келешекте пайда алынбақшы нысандар.* **Қаржы аппараты.** экон. *Қаржыны басқарумен айналысатын барлық ұйымдық құрылымдардың жиынтығы.* **Қаржы бақылауы.** экон. *Мемлекеттік қаржыны басқару атқарымы, мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша қорларын құраудың, бөлудің және пайдаланудың заңдылығын, тиімділігін және нәтижелілігін тексеру әдістерінің, органдарының және іс-шараларының жүйесі.* **Қаржы бизнесі.** экон. *Қаржы нарығындағы қаржы активтерін сатып алу-сатудан тұратын қызмет.* **Қаржы брокері.** экон. *Бағалы қағаздарды сатып алу-сату кезінде комиссия немесе тапсырма шарты негізінде тапсырыскерлердің есебінен және солардың тапсыруымен делдалдық (агенттік) міндеттерді орындаушы тұлға.* **Қаржы дағдарысы.** экон. *Төтенше жағдайлардың (экономикалық, саяси, әскери жағдайлардың) әсерінен болатын мемлекеттік қаржының барынша қожырауы (әдетте экономикалық дағдарыспен байланысты болып келеді).* **Қаржы делдалдары.** экон. *Жеке және заңи тұлғалардың ақшалай қаражатын шоғырландыру және кейіннен осы қаражатты шаруашылық жүргізуші субъектілер мен басқа да қарызгерлерге несие түрінде беру міндетін атқаратын қаржы институттарының (ұйымдардың, мекемелердің) жиынтығы; елдің қаржы жүйесінің ақшалай қаражатты несиегерлерден қарызгерлерге беретін, яғни шаруашылық жүргізуші субъектілерді жанама түрде қаржыландыратын бөлігі.* **Қаржы делдалдығы.** экон. *Жеке және заңи тұлғалардың ақшалай қаражатын шоғырландыру, осы қаражатты еселей түсу, оларды шаруашылық жүргізуші субъектілер мен басқа да қарызгерге несие түрінде беру мақсатын көздейтін қаржы қызметі.* **Қаржы есебі.** экон. *Кәсіпорындардың, ұйымдардың, фирмалардың шаруашылық операцияларын көрсетуге және қорытындылауға, оның сыртқы пайдаланушы үшін қаржы есептемесін дайындауға арналған бухгалтерлік есеп жүйесі.* **Қаржы есеп-қисабы.** экон. *Кәсіпорынның, ұйымның қаржы жағдайы, оның өзгерістері туралы арнаулы қарастырылған ережелер бойынша есептеме нысандары түріндегі ақпарат.* **Қаржы есептемесі.** экон. *Есеп-қисаптың заңда көзделген міндетті нысаны.* **Қаржы жалгерлігі.** экон. *Жалгерлік туралы шарт.* **Қаржы жұмсалымы.** экон. *Ұйымның басқа ұйымдардың мемлекеттің бағалы қағаздарына, облигациялары және өзге де бағалы қағаздарына, жарғылық капиталына салынған инвестициялары болып табылатын активтердің бір бөлігі, сондай-ақ басқа ұйымдарға берген қарызы.* **Қаржы жүйесі.** экон. *Белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы мекемелерінің жиынтығы.* **Қаржы инвестициясы.** экон. *Табыс (пайыз, роялти, дивиденд, жалгерлік төлемақы, капитал) өсімін немесе өзгедей пайда алу мақсаты-мен субъект иеленетін активтер.* **Қаржы капиталы.** экон. *Ақшалай қаражат нысанындағы капитал; өнеркәсіптің немесе экономиканың басқа да салаларының капиталымен шоғырландырылған банк капиталы және қаржы-несие институттарының капиталы.* **Қаржы компаниялары.** экон. *Жеке салаларды несиелендіруге немесе несиенің белгілі бір түрлерін (тұтынушылық, инвестициялық т.б.), қаржы операцияларын жүргізуге мамандандырылған қаржы-несие мекемелері.* **Қаржы қатынастары.** экон. *Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекетте ақшалай табыс пен қорланымның қалыптасуына, нысаналы мақсаттағы ақшалай қорлардың құралуына және пайдаланылуына байланысты қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу үдерісінде туындайтын ақша қатынастары.* **Қаржы қауіпсіздігі.** экон. *Мемлекеттің макродеңгейде экономикалық мүдделерді, корпоративтік құрылымдарды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы құрылымдарын қорғау жөніндегі шаралары, әдістері мен құралдары кешенін қамтитын ұғым.* **Қаржы құқығы.** экон. *Мемлекеттік қаржы қызметіне байланысты қатынастарын реттейтін құқық саласы.* **Қаржы құралдары.** экон. *Нарықта сатуға және сатып алуға болатын қаржы активтері мен пассивтері.* **Қаржы қызметін көрсету.** экон. *Банкілер мен ұлттық банкінің лицензиясы бар банкіге жатпайтын қаржы мекемелері көрсететін қызметтер.* **Қаржы нарығы.** экон. *Ақша операцияларының арнайы саласы болып табылатын нарықтық қатынастар жүйесі.* **Қаржы нормалары мен нормативтері.** экон. *Қаржыны жоспарлауда*

*қаржы ресурстарының құралуын, бөлінуін, қайта бөлінуін реттейтін ең аз, орташа немесе ең көп шекті шамаларды көрсететін көрсеткіш.* **Қаржыны жоспарлау.** экон. *Ақша ресурстарын жасау, бөлу, қайта бөлу және пайдалану үдерістерін жоспарлы түрде басқару.* **Қаржы ресурстары.** экон. *Экономикалық және қаржы қызметі нәтижесінде, жалпыұлттық өнімді жасау мен бөлу үдерісінде құралатын ақшалай қаражат.* **Қаржы саясаты.** экон. *Экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі; мемлекеттің өз атқарымдары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қаржыны ұйымдастырып, пайдалану шараларының жиынтығы.* **Қаржы статистикасы.** экон. *Қаржы-ақша қатынастарының сандық жағын қаржы ресурстарының үдайы көбейтілуі және ауыспалы айналмалы үдерісінің сапалық ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастыра отырып зерделейтін статистика саласы.* **Қаржы стратегиясы.** экон. *Болашақтағы қаржы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шаралар кешені.* **Қаржы тәуекелі.** экон. *Ақша қорын жинақтау, пайдалану барысында тәуекелге бел байлаған экономикалық қатынас.*

**ҚАРЖЫ=** ет. *Қағып алу, ұстау, тұту.*

**ҚАРЖЫГЕР** зат. экон. *Қаржы қатынастарын жүргізуші, жүзеге асырушы маман.*

**ҚАРЖЫЛА=** ет. *Қаржы беру, қаржымен қамтамасыз ету.*

**ҚАРЖЫЛАЙ** үст. *Пұлдай, ақшалай.*

**Қаржылай ынталандырма.** экон. *Мемлекеттің кәсіпорындарға қатысты ұлттық басым бағыттарға қол жеткізу мақсатымен олардың белгілі бір аумақ шегінде орналасуына жәрдемдесуі.*

**ҚАРЖЫЛАН=** ет. *Қаржымен қамтамасыз етілу.*

**ҚАРЖЫЛАНДЫР=** ет. экон. *Кәсіпорындарды, салаларды, жалпы экономиканы, әлеуметтік аяны, аймақтарды дамытуға, елдің қорғанысын қамтамасыз етуге және қоғамдық өмірдің басқа аяларын дамытуға жұмсалатын шығынды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету.*

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ** *Қаржыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Қаржымен қамтамасыз етілу.*

**ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУ** *Қаржыландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖЫЛАНУ** *Қаржылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЖЫЛЫҚ** сын. *Қаржымен байланысты, қаржыға қатысты.*

**Қаржылық бағдарламалау.** экон. *Мемлекеттік бюджетті және қаржы жүйесінің басқа буындарының кірісі мен шығысы сметаларын жасау кезінде бағдарламалық-мақсаттық әдісті қолдану.* **Қаржылық бақылау.** экон. *Қаржы бақылауы.* **Қаржылық болжау.** экон. *Қаржының дамуы, оның көлемі мен пайдалану бағыттары туралы ғылыми негізделген есептерге, болжалдарға сүйене отырып болжау.* **Қаржылық капитал.** экон. *Ақшалай қаражат нысанындағы капитал.* **Қаржылық сақтық қорлар.** экон. *Мемлекеттік және муниципалдық басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілер кездейсоқ, ойда жоқта пайда болған оқиғалардың зардаптарын жою қажеттігінен туындаған болжанбаған шығынға және айрықша қажеттіліктерден туындаған жағдайға арнап оқшаулайтын қаржы ресурстарының ерекше нысаны.* **Қаржылық ықпалшаралар.** экон. *Ақшалай нысанда мәжбүрлеп ықпал ету шаралары.*

**ҚАРЖЫМЫС** зат. сөйл. ***Қарымта.***

**ҚАРЖЫ-НЕСИЕ** зат. экон. *Қаржы және несие беру.*

**ҚАРЖЫСЫЗ** сын. экон. *Қаражаты жоқ, ақшасыз, пұлсыз.*

**ҚАРЖЫСЫЗДЫҚ** зат. экон. *Қаражаты жоқтық, пұлсыздық.*

**ҚАРИ**[1] [ар. قاری] зат. діни. **1.** *«Құранды» жатқа білетін адамға берілетін діни атақ.* **2.** *«Құран қатым» түсіретін адам, молда, имам.*

**ҚАРИ**[2] сын. жерг. *Соқыр.*

**ҚАРИБ** зат. ескі кіт. *Жақын адам, дос.*

**ҚАРИДАР** сын. ескі кіт. *Мұқтаж, зәру.*

**ҚАРИЯ** зат. *Көрген-білгені мол, көп жасаған қарт.*

**ҚАРИЯЛАУ** сын. сөйл. *Кәрілеу, қарттау.*

**ҚАРИЯЛЫҚ** зат. **1.** *Көп жасағандық, қарттық.* **2.** ауыс. *Көргенділік, кісілік.*

**ҚАРИЯША** үст. *Қария тәрізді, қарияға ұқсап, қартша.*

**ҚАРКЕСТЕ** сын. ескі кіт. *Ку, айлакер.*

**ҚАРҚ** елік. *Тосыннан шыққан қарғаның дауысын, қарғаның дауысына ұқсас қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қарқ етті.** *Қарқылдады, қарқ еткен дыбыс шығарды.*

**ҚАРҚ: қарқ алтын.** көне. *Қоспасыз, таза алтын.*

**ҚАРҚАРА**[1] зат. **1.** зоол. *Қауырсынын әсемдік үшін пайдаланатын құстың бір түрі.* **2.** *Баскиімге тағылатын қауырсын.* **3.** этн. *Төбесі биік, шошақтау келген, қауырсын қадаған, әйелдердің, қыздардың сәнді баскиімі.* **4.** ауыс. *Мәртебе, мерей.*

**Қарқарасын далайтты.** бейн. *Көзге түсті, назарға ілікті (көрікті бойжеткен, қыз туралы).* **Қарқарасын көтерді.** *Мәртебесін арттырды, мерейін үстем қылды.*

**ҚАРҚАРАДАЙ** сын. **1.** *Қарқара сияқты, қарқара тәрізді.* **2.** ауыс. *Қоқиған, биік.* **3.** ауыс. *Еңселі, көркем.*

**ҚАРҚАРАЛЫ** сын. *Қарқарасы бар, қарқара киген.*

**Қарқаралы бөрікарақат.** <лат. berberis karkaralensis> бот. *Қиыршық тасты Қарқаралы тау бөктерлерінде, қарағайлы орман жиектерінде өсетін, бөрікарақаттар тұқымдасына жататын өсімдік.* **Қарқаралы қыз.** этн. *Атастырылған, басы бос емес қыз.*

**ҚАРҚ-ҚАРҚ** елік. *Қарқылдаған дауысты бейнелейтін сөз.*

**Қарқ-қарқ етті.** а) *Бірнеше рет қарқылдады (қарға).* ә) *Қатты жүргендіктен тоқ жылқының қарнынан құрқ-құрқ деген дыбыс шығуы.* **Қарқ-қарқ күлді.** *Қатты дауыстап күлді, қарқылдады.*

**ҚАРҚУАР** зат. зоол. *Қар кеткен соң, наурыздың аяғына таман келетін жыл құсы.*

**ҚАРҚЫЛ** зат. **1.** *Қарғаның қарқылдаған дыбысы.* **2.** *Қатты шыққан күлкі.*

**ҚАРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Қарғаның қарқ-қарқ етіп үн шығаруы.* **2.** *Қатты дауыстап күлу.*

**ҚАРҚЫЛДАҚ** сын. сөйл. *Қарқылдап күлетін (адам).*

**ҚАРҚЫЛДАС=** ет. **1.** *Қарқ-қарқ етісу.* **2.** *Қатты дауыстап күлісу.*

**ҚАРҚЫЛДАСУ** *Қарқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҚЫЛДАТ=** ет. *Қарқ-қарқ еткізу, мәз қылу, күлдіру.*

**ҚАРҚЫЛДАТУ** *Қарқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҚЫЛДАУ** *Қарқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҚЫН** зат. **1.** *Екпін, жылдамдық, шапшаңдық.* **2.** *Күш-жігер, қайрат, қуат.* **3.** жерг. *Су тасқыны.*

**Қарқыны басылды [қайтты].** *Лепірген көңілі басылды, екпіні бәсеңдеді, саябырлады, беті қайтты.* **Қарқынын басу.** *Екпінін қайтару, бағындыру, тежеу.*

**ҚАРҚЫНДА=** ет. **1.** *Екпіндеу, үдеу; жылдамдату, тездету.* **2.** ауыс. *Өсу, даму.* **3.** ауыс. *Күш-жігер алу, шабыттану.*

**Қарқындап секіру.** спорт. *Сермелетін аяқтың екпінімен жылжи секіру.*

**ҚАРҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Екпіндету, үдету.* **2.** ауыс. *Өсіру, дамыту.* **3.** ауыс. *Жігерлендіру, шабыттандыру.*

**ҚАРҚЫНДАТУ** *Қарқындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҚЫНДАУ** *Қарқында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРҚЫНДЫ** зат. спорт. *Орта және көбірек жақын арақашықтықтарда жиірек қарқынмен қарсыласына өте жақындауға ұмтылатын қатты қимылдайтын боксшы.*

**ҚАРҚЫНДЫ** сын. **1.** *Екпінді, тез, шапшаң, жылдам.* **2.** ауыс. *Өнімді, мол.*

**ҚАРҚЫНДЫҚ** зат. сөйл. ***Қарқындылық.***

**ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ** зат. *Екпінділік, тездік, жылдамдық.*

**ҚАРҚЫНДЫРАҚ** сын. **1.** *Екпіндірек, тезірек, шапшаңырақ, жылдамырақ.* **2.** ауыс. *Өнімдірек, молырақ.*

**ҚАРЛА=** ет. *Қар жеп, шөлін қандыру.*

**ҚАРЛАН=** ет. ескі кіт. **1.** *Қаһарын тігу, кәрлену.* **2.** *Аярлану, жәдігөйлену.*

**ҚАРЛАТ=** ет. **1.** *Қар жегізу.* **2.** *Малды қарлы далаға жайып алу, тебіндету.* **3.** *Қар жауу, қар түсу.*

**ҚАРЛАТУ** *Қарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЛАУ** *Қарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЛЕН=** ет. сөйл. ***Қаһарлан.***

**ҚАРЛУҚ** зат. *Түрік және Түркеш қағанаттарының құлауынан кейін билікке келген, Орта Азиядан Қытайға барар керуен жолының бойында Талас пен Таршы өзендері арасында, Ыстықкөлдің оңтүстігіне қарай орналасқан тайпа.*

**ҚАРЛЫ** сын. *Қар жауған, қар, көп.*

**Қарлы боран.** *Қар үйтқыған боран; үскірік қардың үйтқытып соғуы.* **Қарлы дауыл.** *Қар аралас дауыл.* **Қарлы жаңбыр.** *Қар аралас жаңбыр.* **Қарлы жаңбырлатты.** *Қар аралас жаңбыр жауды.*

**ҚАРЛЫҒАН** зат. бот. <лат. grossularia> **1.** *Жемісінің қышқылтым дәмі бар, бұта тәріздес өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің жемісі.*

**ҚАРЛЫҒАШ** зат. **1.** зоол. <лат. hirundinidae> *Айыр құйрықты, қанаттары ұзын әрі ұшқір келетін, кішкене қара ала құс.* **2.** ауыс. экспр. *Баласы, бауыр еті, перзенті.* **3.** ауыс. *Бір жаңалықты, істі алғашқы бастаушы.*

**Қарлығаш дана.** *Кітаптың баспадан шыққан ең алғашқы данасы.* **Қарлығаш достық.** *Болмашы жәрдем, жақсылық.* **Қарлығаш қанатындай.** бейн. *Ұшы сүйірленіп, қиыла біткен (қас туралы).* **Қарлығаш қас.** *Қарлығаштың қанатындай иілген, әдемі қас.*

**ҚАРЛЫҒАШТАЙ** сын. *Қарлығаш тәрізді, қарлығаш сияқты.*

**Қарлығаштай қамқорлық.** *Мәпелеп күту, бағып-қағу деген мағынада.* **Қарлығаштай тізіліп.** *Қатар-қатар, бірінен кейін бірі, тізбектеліп.*

**ҚАРЛЫҒАШША** үст. *Қарлығаш тәрізді, қарлығашқа ұқсап.*

**ҚАРЛЫҒУ** *Қарлық етістігінің қимыл атауы; тамақтың бітіп, дауыстың қырылдап шығуы.*

**ҚАРЛЫҒЫҢҚЫ** сын. *Ашық емес, қырылдаңқы (дауыс).*

**ҚАРЛЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Дауысы сәл қарлығып шығу.*

**ҚАРЛЫҚ** зат. жағымсыз. **1.** *Қарақшылық.* **2.** *Жүргіштік, зинақорлық.* **3.** *Бұзықтық, оңбағандық.*

**ҚАРЛЫҚ**[1]**=** ет. *Суық тигенде немесе ұзақ сөйлегенде дауыстың бұзылып қырылдаңқырап шығуы.*

**ҚАРЛЫҚ**[2]**=** ет. *Көзді еркін аша алмай қалу, көзді ашқанда ауырсыну.*

**ҚАРЛЫҚ: қарлық мору.** геол. *Қар жабынының күшейген аяздық мору арқылы таужыныстарды қиратуы.*

**ҚАРМА=** ет. **1.** *Ұстау, тұту, жармасу.* **2.** тех. *Дәл тауып ұстату, жабыстыру, жымдастыру.* **3.** ауыс. *Үйрену, білім алу.*

**ҚАРМА**[1] зат. этн. *Қуырып, қол диірменге тартқан жүгері талқаны.*

**ҚАРМА**[2] зат. сөйл. ***Қарыма.***

**ҚАРМА**[3] з а т . ж е р г . *Қазанға қарып пісірген нан.*

**ҚАРМАҚ** з а т . к ә с. *Қатты металл сымнан бір жақ басын ілмек тәрізді етіп иіп, ұшы ұшкірленген, балық аулауға арналған қарапайым құрал.* **Қармағына [қармаққа] ілінді [түсті].** *Біреудің алдауына түсті, уысына түсті.* **Қармақ белбеу**. э т н . *Ілгекті топсамен қапсырылатын белбеу.* **Қармақ ию.** *Темірден иіп қармақ жасау.* **Қармаққа шаншар ет қалмады.** *Әбден арыды, жүдеді.* **Қармаққа шаншар [шаншым] еті жоқ [қалмаған].** *Өте жүдеу, арық.* **Қармақ құрды.** *Біреуге тосқауыл жасады, көсе-көлденең тұрды.* **Қармақ сабының тіреуіші.** *Жағада тұрып қармақпен балық аулаған кезде қармақтың сабын көлденең қалпында ұстайтын тіреуіш.* **Қармақ салды.** а) *Балық аулау үшін көлге, өзенге құрал салды.* ә) *Алдап соқты, қолға түсірді.* **Қармақ темір**. к ә с. *Ауды жазатын құрал.* **Қармақты тереңге тастады.** *Алыстан қармады, іздеді, барын сала қамтыды.*

**ҚАРМАҚБАУ** з а т . к ә с. *Қармаққа тағылған, қармақ ілінген бау.*

**ҚАРМАҚСАП** з а т . к ә с. *Қармақбау байланатын ұзын шыбық.*

**ҚАРМАҚСЫЗ** с ы н . *Қармағы жоқ, қармақ болмай.*

**ҚАРМАҚТА=** е т . **1.** *Қармақ салу.* **2.** а у ы с . *Айла-шарғы жасау, алдап түсіру.*

**ҚАРМАҚТАЙ** с ы н . *Қармақ сияқты, қармақ тәрізді.*

**ҚАРМАҚТАС** з а т . *Қармақбау өтетін кішкене тесігі бар, қармақтағы жемді суға батыруға арналған кішкентай қорғасын.*

**ҚАРМАҚТЫ** с ы н . *Қармағы бар, қармақ ілінген.*

**Қармақты біз.** к ә с. *Ілмек біз.*

**ҚАРМАҚША** ү с т . *Қармақ сияқты, қармақ тәрізді етіп.*

**ҚАРМАҚШЫ** з а т . к ә с. *Қармақ салып балық аулаушы.*

**ҚАРМАЛ=** е т . *Қараңғыда ештеңе көрмей ,сипаланып қалу.*

**ҚАРМАЛА=** е т . *Екі қолымен жан-жақтағы заттарды сипалау, түртінектеу.*

**ҚАРМАЛАҒЫШ** з а т . з о о л . *Ұлу денесіндегі өсінді.*

**ҚАРМАЛАН=** е т . *Бір нәрсе іздеп сипалану.*

**ҚАРМАЛАНУ** *Қармалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАЛАТ=** е т . *Ұстату, қармату.*

**ҚАРМАЛАТУ** *Қармалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАЛАУ** *Қармала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАЛАУЫШ** з а т . з о о л . *Ішек қуыстылардың, моллюскалардың, ииық аяқтылардың қозғалу, тыныс алу, қорегін ұстау органының қызметін атқаратын дене өсіндісі.*

**ҚАРМАЛАУЫШТЫЛАР** з а т . з о о л . <лат. tentaculata> *Омыртқасыздардың бір типі.*

**ҚАРМАЛЖЫҚ** з а т . з о о л . *Мойны шымқай қара емес, аздаған көк қылшығы бар қара түлкі.*

**ҚАРМАЛУ** *Қармал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАН**[1] [ор. ] з а т . **1.** *Қалта, жанқалта.* **2.** а у ы с . *Әмиян.*

**ҚАРМАН=** е т . **1.** *Сипалану, түртінектеу.* **2.** а у ы с . *Әрекеттену, амал жасау.*

**ҚАРМАНДЫҚ** з а т . к ә с. *Қайықтың артқы қуысы, зат қоятын кейінгі жағы.*

**ҚАРМАНУ** *Қарман етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАНЫС=** е т . *Түйісу, ұстасу.*

**ҚАРМАНЫСУ** *Қарманыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАС=** е т . **1.** *Айқасу, ұстасу.* **2.** а у ы с . *Қараңғыға тап болу.*

**ҚАРМАСУ** *Қармас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАТ=** е т . **1.** *Ұстату, байлату, түсіру.* **2.** а у ы с. *Бой алдырту.*

**ҚАРМАТТАР** з а т . *Мұсылмандық шейіттердің исмаилиттер ағымының ең радикалды бағытының жақтастары.*

**ҚАРМАТУ** *Қармат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРМАУ** з а т . *Тұзақ, тор, айла-шарғы.*

**ҚАРМАУ** *Қарма етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстау, тұту, жармасу.* **2.** т е х . *Жымдастыру, жабыстыру.* **3.** *Әрекеттену, іздеу.* **4.** а у ы с . *Үйрену, білім алу.*

**ҚАРМАУЛЫ** с ы н . *Қомақты, мол.*

**Қармаулы қабыл жебе**. э т н . *Мықты, өткір жебе.*

**ҚАРМАУЫШ** з а т . с ө й л . ***Қармалауыш.***

**ҚАРМЫЖЫ** з а т . с ө й л . ***Қарымта*** *(жасалған жақсылыққа, қиянатқа жасалатын қайтарым, есе).*

**Қармыжын қайтарды.** а) *Жақсылыққа жақсылық жасады.* ә) *Есесін, кегін қайтарды, өшін алды.*

**ҚАРМЫШ** з а т . с ө й л . ***Қарымта.***

**Қармышын қайтарды.** с ө й л . ***Қарымтасын қайтарды.***

**ҚАРНА=** е т . ж е р г . **1.** *Сойған малдың қарнын ақтарып тастау.* **2.** *Ішін жарып өлтіру.*

**ҚАРНАҚЫ** з а т . к ә с. ж е р г . *Қаланатын кесектердің арасына ұстастыратын болат шыбық.*

**ҚАРНАУ**[1] з а т . **1.** э т н . *Уықтың иіліп келген жері, қары.* **2.** ж е р г . *Өзеннің иіні.*

**ҚАРНАУ**[2] *Қарна етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРНАУЛА=** е т . *Мүйіс жасау, айналу.*

**ҚАРНАУЛАУ** *Қарнаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРПУ**[1] *Қарпы*[1] *етістігінің қимыл атауы; киізді ширату.*

**ҚАРПУ**[2] *Қарпы*[2] *етістігінің қимыл атауы; молынан қамту.*

**ҚАРПЫ**[1]**=** е т . **1.** *Киізді созғылап, жиырып ширату.* **2.** ж е р г . *Киіздің шығып тұрған қылшықтарын күйдіру.* **3.** а у ы с . *Бір нәрсені, біреуді қағу, ұру, соғу.*

**ҚАРПЫ**[2]**=** е т . **1.** *Ауызды толтыра шайнау, молынан асау.* **2.** а у ы с . *Молынан қамту, көбірек алып қалу.*

**Қарпып асады [жеді].** *Ауыз толтырып, қомағайлана асап жеді.*

**ҚАРПЫЛ=** е т . *Пісірілу, ширатылу.*

**ҚАРПЫЛУ** *Қарпыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРПЫМ** с ы н . с ө й л . ***Қарпымды.***

**ҚАРПЫМДЫ** с ы н . *Жан-жақты кең қамтылған; алымды, шалымды.*

**ҚАРПЫС=** е т . *Ауыздарын толтыра шайнасу, молынан асау.*

**ҚАРПЫСУ** *Қарпыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРПЫТ=** е т . **1.** *Молынан асау, ауыз толтыра шайнау, ішу.* **2.** а у ы с . *Өндіре қимылдау, молынан қамту.*

**ҚАРПЫТУ** *Қарпыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРС**: **қарс айырылды.** *Екі жаққа қақ бөлінді.* **Қарс ұрды.** *Аһ ұрды, қайғы басты.* **Қарс ұрып қайғырды.** *Қабырғасына батып қатты қайғырды.*

**ҚАРСАҚ** з а т . з о о л . <лат. vulpes corsac> *Терісі жақсы бағаланатын, түлкі тұқымдас кішкене аң.*

**Қарсақ дәрі**. ж е р г . *Жерден қазып алынған өсімдік тамыры.* **Қарсақ жон сорпа.** э т н . т а м а қ . *Ащы құрт, сүзбе қатылған ыстық сорпа.* **Қарсақ жортпас қалың [қара адыр, қара жон].** *Аң жүрмес мекен.* **Қарсақ тон.** э т н. *Қарсақтың терісін беттестіріп тіккен тон.*

**ҚАРСАҚТЫ** с ы н . *Қарсағы мол, қарсағы көп.*

**ҚАРСАҚША** ү с т . *Қарсақ тәрізді, қарсаққа ұқсап.*

**ҚАРСАҢ**[1] з а т . *Қарсы жақ беткей.*

**ҚАРСАҢ**[2] ү с т . *Белгілі бір уақиғаның алдындағы мезгіл, кезең.*

**ҚАРСАҢ**: **кәрі қарсаң**. *Көпті көрген, тәжірибелі, кәнігі, айлакер.*

**ҚАРСАҢЫНДА** ү с т . *Белгілі бір уақиғаның алдында.*

**ҚАРС-ҚАРС**: **қарс-қарс айырды.** *Қарсыл-датып қақ бөлді.*

**ҚАРСЫ** ү с т . **1.** *Қарама-қарсы жақ.* **2.** *Жүзбе-жүз, бетпе-бет, тура.* **3.** *Белгілі бір іс-әрекетке наразылық білдіру, қарсылық ету; қайшы келу.* **4.** *Барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, іс-әрекеттің, қимылдың бір нәрсеге қарай бағытталғанын білдіреді.* **5.** *Барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, «қарай», «қарсаң» сөздерінің мағынасын береді.*

**Қарсы айдап салды.** *Біреумен біреуді егестірді, қастастырды.* **Қарсы алды.** а) *Тура алды, маңдай алды.* ә) *Біреуді тосып алды, күтіп алды.* б) *Қабыл алды, құптады, мақұлдады.* в) *Құрмет көрсетті, бар мәзірін жасап күтті.* **Қарсы алдынан ату**. ә с к. *Бетпе-бет атыс; зеңбірекпен немесе атыс қаруынан қарсы бағыттағы нысанаға тура ату.* **Қарсы алдында**. *Дәл алдында; есік көзінде.* **Қарсы амал.** с п о р т . *Қарсыласы жасаған әдіске жауап қайтаратын амал.* **Қарсы әрекеттік күш.** ә с к. *Қарсыластың әскери күшіне, командалық постыларына және басқа да әскери нысаналарына қарсы бағытталған әскери стратегия, шабуыл немесе қару.* **Қарсы беттегі сызық.** *Спорт алаңындағы, қарама-қарсы жақтағы сызық бөлігі.* **Қарсы бұтақ.** э т н . *Жат ру, бір атадан тарамаған ұрпақ.* **Қарсы дайындық.** ә с к. *Қарсыластың шабуылға дайындалған басты күштерін қорғанушы жақ ракета әскерлерінің, артиллериясының, авиациясының жаппай атуы, жаппай соққысы.* **Қарсы дау.** *Қарсы айтылатын дау, талас.* **Қарсы дәлел**. *Қарсы жаққа айтылатын айғақты сөз.* **Қарсы доға.** с п о р т . *Әр бағыттағы доғамен жүрудің екі қосылымы.* **Қарсы жауап.** с п о р т . *Қарсыласының шабуылынан қорғанғаннан кейін оған қарсы шабуылмен жауап қайтару.* **Қарсы жүрді.** а) *Жүрген бағытқа қарсы қозғалды.* ә) *Қарсы алдынан шықты, қарсы алды.* **Қарсы кедергі.** *Тау беткейінде анық байқалмайтын тік қабырға.* **Қарсы келді.** а) *Қарсыласты, таласты.* ә) *Талас тудырды, қарсыласты.* **Қарсы қойды.** *Егестірді, қастастырды, өштестірді, жауластырды.* **Қарсы құда**. э т н . *Екі жағы қарама-қарсы қыз берісіп, қыз алысқан құдалар.* **Қарсы құтыртушылар.** с ө й л . *Қарсы қоюшылар.* **Қарсы партия.** с п о р т . *Ұтқан партияларының саны бірдей болған жағдайда қарсыластардың арасында өтетін шешуші кездесу.* **Қарсы соққы.** а) ә с к. *Әскерлердің қорғаныс ұрыстарының барысында қорғаныс шебіне баса-көктеп енген немесе шепті бұзып өткен қарсылас тобына тұтқиылдан беретін соққысы.* ә) с п о р т . *Қарсыласы шабуыл жасаған сәтте не оның шабуылынан кейін іле-шала жасалатын жауап соққы.* **Қарсы соққы беру.** с п о р т . *Қарсылас шабуылының алдын алатын соққы.* **Қарсы тұрды.** *Қарсылық көрсетті, бой бермеді, бетттепеді.* **Қарсы шабуыл.** а) ә с к. *Қорғаныстағы әскерлердің шепті бұза кіліккен қарсыласты талқандау және бұрынғы тактикалық жағдайын қалпына келтіру мақсатын көздеп, қарсылас әскерлеріне қарсы жүргізген шабуылы.* ә) с п о р т . *Қарсыластың шабуылына сол бойда кідірмей жауап қайтару.* **Қарсы шабуылдаушы боксшы.** с п о р т . *Қарсыласының қателіктерін шебер пайдаланып, оның шабуылдарын алдап өтіп, қарсы, жауап соққылар жасайтын өте шапшаң, әдісқой спортшы.* **Қарсы шабуыл жасау.** с п о р т . *Қарсыластың шабуылына тойтарыс бергеннен кейін тез жасалатын, қарсы жақ күтпеген жағдайда қорғаныстан қарымта шабуылға көшу.* **Қарсы шығысты.** *Кездесті, бетпе-бет келді.* **Қарсы шықты**. а) *Алдынан шығып күтіп алды.* ә) *Қайшы келді, қолдамады.* б) *Қарсы тұрды, қарсыласты.*

**ҚАРСЫЗ** с ы н . *Қары жоқ, қар жаумаған.*

**ҚАРСЫЛА**[1]**=** е т . *Қарсы алу, күту, тосу.*

**ҚАРСЫЛА**[2]**=** ет. *Отқа қақтау, ұстау.*

**ҚАРСЫЛАН=** ет. *Отқа қақтану, қыздырыну, жылыну.*

**ҚАРСЫЛАНУ** *Қарсылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРСЫЛАС** зат. **1.** *Бір-біріне қарсы адам, қарсы жақ.* **2.** *Жау, дұшпан.*

**Қарсыласты басу.** әск. *Қарсыласты шығынға ұшырату және соғысу қабілетінен уақытша айыру.* **Қарсыласты жабу**. спорт. *Ойыншы әрекетіндегі тәсілдің өзіне тән жеке әдісі.* **Қарсыласына асылып қалу.** спорт. *Қатты шаршаған не дайындығы нашар спортшының жекпе-жек кезінде қарсыласының жақын арақашықтықтағы белсенді шабуылына төтеп бере алмай, соққы жұмсамай денесінің барлық салмағымен қарсыласына сүйенуі.*

**ҚАРСЫЛАС=** ет. *Қарсы әрекет істеу, қарсы тұру; алысу, жұлысу.*

**ҚАРСЫЛАСУ** *Қарсылас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРСЫЛАСУШЫ** зат. *Қарсы болушы, қарсы тұрушы, наразылық білдіруші.*

**ҚАРСЫЛАУ**[1] сын. *Аздап қарсы, керегар.*

**ҚАРСЫЛАУ**[2] *Қарсыла етістігінің қимыл атауы; қарсы алу.*

**ҚАРСЫЛЫҚ** зат. *Қарсыласушылық, қарсы тұрушылық.*

**Қарсылық қылды [етті, көрсетті]**. *Қарсы шықты, айтқанға көнбеді, тайталасты.* **Қарсылық қылық.** *Қарсыласу әрекеті.* **Қарсылық танытушы**. *Қарсылық көрсетуші, қарсы күресуші.*

**ҚАРСЫЛЫҚСЫЗ** үст. *Ешқандай қарсылық көрсетпей, қарсыласпай.*

**ҚАРСЫЛЫҚТЫ**: **қарсылықты салалас сөйлем.** лингв. *Мағыналары бір-біріне қарсылас болып құрмаласқан салалас құрмалас (сөйлем).*

**ҚАРСЫМА-ҚАРСЫ** үст. сөйл. ***Қарама-қарсы.***

**ҚАРТ** зат. *Жасы ұлғайған, қартайған адам.*

**Қарт бура.** *Кәрі аталық түйе.* **Қарт бурадай**. *Тәжірибелі, қаһарлы бурадай.* **Қарт бурадай шабынды [алысты].** *Аласұрды, бұрсанды, құтырынды.* **Қарт бураша.** *Кәнігі, көпті көрген, әбден төселген, жараулы.* **Қарт наурыз.** көне. этн. *Қазақтардың көне шығыс Қамбар жұлдызының тоғысы бойынша жыл қайыруына сәйкес кейде ақпанның аяғына, ортасына, кейде наурыздың басына тура келетін айдың жаңасында тойланатын жаңа жылдың кейініректе қалыптасқан атауы.*

**ҚАРТА**[1] зат. **1.** анат. *Жылқының тоқ ішегінің көк ет (диафрагма) пен құрсақ арасына доғаланып орналасқан екі қатардың астыңғы қатпарланған жуан бөлігі, қатпар-қатпар майлы ішегі.* **2.** этн. тамақ. *Жылқының қартасынан жасалған тағам.*

**ҚАРТА**[2] зат. сөйл. ***Карта.***

**ҚАРТАЙ=** ет. **1.** *Жасы келу, ұлғаю.* **2.** *Кәрілік меңдеу.*

**ҚАРТАЙТ=** ет. **1.** *Ұлғайту, жас қосу, кәртейту, мосқалдандыру.* **2.** *Кәрілікке жеңдіру.*

**ҚАРТАЙТУ** *Қартайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРТАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Жасы ұлғая түсу, егделену.*

**ҚАРТАЙЫҢҚЫРАУ** *Қартайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРТАКЕШ** сын. сөйл. *Карташыл, карта ойнауға құмар.*

**ҚАРТАЛАН=** ет. **1.** *Қарта пайда болу; семіру, толу.* **2.** ауыс. *Қарта тәрізденіп қатпарлану, бүж-бүж болу.*

**ҚАРТАЛАНУ** *Қарталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРТАЛЫ** сын. **1.** *Қартасы бар; семіз, майлы.* **2.** *Кебеже қарын, кең құрсақ.*

**ҚАРТАМЫС** сын. **1.** *Мосқал тартқан, кәрі.* **2.** *Тәжірибелі, көпті көрген.*

**Қартамыс тартты.** *Мосқалданды, қартайды.*

**ҚАРТАМЫСТАУ** сын. *Мосқалдау, егделеу.*

**ҚАРТАМЫСТЫҚ** зат. *Егде тартушылық, қартаңдық.*

**ҚАРТАМЫШ** сын. сөйл. ***Қартамыс.***

**ҚАРТАМЫШТАУ** сын. сөйл. ***Қартамыстау.***

**ҚАРТАҢ** сын. *Жасы ұлғайып, мосқал тартқан (адам).*

**Қартаң тартты.** *Жасы ұлғайды, қартая бастады, мосқалданды.*

**ҚАРТАҢДАУ** сын. *Жасы келіп қалған, қартая бастаған.*

**ҚАРТАҢДЫҚ** зат. *Қартаң тартқандық, мосқалдық.*

**ҚАРТАҢҚҰЛАҚ** зат. өс. ***Іле қызғалдағы*** *(түбін қазып жеуге болатын пиязшықты өсімдік).*

**КАРТАШЫ** зат. **1.** *Карта ойнаушы.* **2.** *Картақұмар, карта ойынының шебері.*

**КАРТАШЫЛ** сын. *Карта ойнауға құмар.*

**КАРТАШЫЛДЫҚ** зат. *Карта ойынына салынушылық.*

**ҚАРТАЮ** *Қартай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРТСЫН=** ет. *Қарт деп санау, қомсыну.*

**ҚАРТСЫНУ** *Қартсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРТТАУ** сын. *Аздап қартаң тартқан, егделеу.*

**ҚАРТТЫҚ** зат. *Жасы жетіп қартайғандық, егде тартқандық.*

**ҚАРТША** үст. *Қарт адам сияқты, қартқа ұқсап.*

**ҚАРУ**[1] зат. **1.** әск. *Ұрыста қолданылатын шабуыл және қорғаныс құралдары.* **2.** *Бір нәрседен қорғану үшін пайдаланылатын тас, таяқ, пышақ т. б. заттар.* **3.** *Белгілі бір еңбек өнімін өндіретін құрал, сайман, аспап.* **4.** ауыс. *Күш, жігер, қажыр, қайрат.*

**Қару белдеуі.** әск. *Қару ұңғысының каналынан оқтың шығу нүктесі арқылы өтетін көлденең жазықтық.* **Қаруға әрекет жасау.** спорт. *Өзге жақтың қорғанысын ашып, оны шаншу не соққы беру мақсатында жасалатын, көбінесе шабуыл қимылдарынан тұратын әдістер.* **Қару даярлау.** әск. *Соғысуға, қорғануға қажет қару әзірлеу, қарулану.* **Қаруды біріздендіру.** әск. *Қару-жарақ, ұрыс техникасы мен оқ-дәрілерді бірыңғай үлгіге келтіру.* **Қаруды қайта оқтау.** әск. *Қаруды кезекті атысқа дайындау процесі.* **Қаруды қастерлеу.** миф. көне. *Орта ғасырларда жауынгерлердің қаруды қасиетті санап, оған сиынуы, әр қаруға жеке ат қойып, оны қадірсіз іске жұмсамай қадірлеуі [қаруда батырдың жаны болады деген сеніммен байланысты батырлық этикасының үлгісі].* **Қарудың ату жылдамдығы.** әск. *Уақыт бірлігіндегі (әдетте 1 минут) нақты қарудан атылуы мүмкін атыстың саны; қарудың қуаттылығын және атыстың нақтылығын анықтайтын негізгі тактика-техникалық сипатының бірі.* **Қарудың оқталатын бөлігі.** әск. *Артилле-риялық қару-жарақ ұңғысының артқы бөлігі.* **Қаруды ұстау.** спорт. *Нысана көздеу негізінде пистолет пен револьвердің құндағынан ұстау әдістері.* **Қару қолдану.** әск. *Тиісті жарлықтармен, ережелермен, нұсқаулармен санкцияланған, сондай-ақ командирлердің әміріен әскери қызметкерлердің, әскери бөлімшелер мен бөлімдердің қару мен ұрыстық техниканы ұрыста қолдануы.* **Қару қылды.** *Қарсы тұрып күш көрсетті.* **Қару малы өз қолында.** *Қайырған, қаруына қайтарған малы өз қолында деген мағынада.* **Қарумен ойнау.** спорт. *Сайыс кезінде тұрған қалпы мен қимыл бірлігін өзгертіп, пәрменді шабуыл жасау сәтін не сирек болса да қарсыласының шабуылын тойтару үшін қарумен жасалатын қимылдар.* **Қаруы қайтпаған.** *Күші кемімеген, қайратты.* **Қаруы қайтты.** *Жауабы қайтты, есесі берілді.***Қаруы қайтты.** *Есесі оралды.* **Қаруы қолынан түспеді.** *Үнемі жаугершілік заман кешті, ұрыста болды.* **Қаруын қандады.** этн. *Жауын өлтірді, қаруын жауына жұмсады.*

**ҚАРУ**[2] *Қары етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУ** зат. сын. ***Қарымта.***

**Қаруын қайтарды.** сөйл. ***Қарымтасын қайтарды.***

**ҚАРУ-ЖАРАҚ** зат. **1.** әск. *Ұрысқа қарсы қолданылатын соғыс құралдары.* **2.** *Құралсайман.*

**ҚАРУ-ЖАРАҚСЫЗ** сын. әск. *Қару-жарағы жоқ.*

**ҚАРУ-ЖАРАҚТАН=** ет. әск. *Қару-жараққа ие болу, карулану.*

**ҚАРУ-ЖАРАҚТАНУ** *Қару-жарақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУЛАН=** ет. **1.** әск. *Қолына қару алу, қаруға ие болу, соғыс құралымен жабдықтану, қару асыну.* **2.** ауыс. *Бір нәрседен күш алу, жігерлену, рухтану.*

**ҚАРУЛАНДЫР=** ет. **1.** әск. *Қарумен қамтамасыз ету, қару беру.* **2.** ауыс. *Жігерлендіру, рухтандыру.*

**ҚАРУЛАНДЫРУ** *Қаруландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУЛАНУ** *Қарулан етістігінің қимыл атауы.*

**Қарулану жарысы.** саяси. *Жапатармағай жанталасып, қару және әскери техника қорын молайту, ықтимал қарсыластан озу мақсатында олардың сапасын жетілдіру арқылы мемлекеттің әскери-техникалық күш-қуатын арттыру процесі.*

**ҚАРУЛАС** сын. *Қару ұстап бірге соғысқан.*

**ҚАРУЛАС**= ет. сөйл. *Қарумен қарсы шығу, соғысу.*

**ҚАРУЛАСТЫР** = ет. *Қарсыластыру, алысуға шамасын келтірмеу.*

**ҚАРУЛАСТЫРУ** *Қаруластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУЛАСУ** *Қарулас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУЛЫ**[1] зат. этн. Сыйға сый, *достыққа достық көрсететін қазақ халқының меймандостық салты, дәстүрлі жоралғысы, қарымдық.*

**ҚАРУЛЫ** сын. **1.** әск. *Қару асынған, қаруы бар.* **2.** ауыс. *Қайратты, мықты, күшті.*

**Қарулы арандату.** <лат. provocatio> әск. *Басқыншы елдің шектеулі күштерінің жағдайды шиеленістіруге тырысуы, қарулы қақтығыс немесе соғысты бастау, басқа мемлекеттің ішкі істеріне араласуды ақтау мақсатында алдын ала жоспарланған және ұйымдастырылған іс-қимылдар.* **Қарулы білек.** *Күшті, қайратты адам.* **Қарулы жанжал.** әск. а) *Әскери жанжал.* ә) *Әлеуметтік-саяси, ұлттық, діни, аймақтық және басқа негіздерде әскери күшті қолданумен бір мемлекет ішіндегі саяси күштердің әлеуметтік топтар, ұлттар арасындағы қайшылықтарды шешу түрі; қақтығыс, қарсы күрес.* **Қарулы көтеріліс.** *Үстемдік жасаушылар мен мемлекеттік басқару жүйесіне қарсы наразылық білдірудің жоғары шегі.* **Қарулы күрес.** әск. *Соғыстағы күрестің негізгі түрі, белгілі бір саяси, экономикалық, әскери және басқа мақсаттарға қол жеткізу үшін қарулы күштерді ұйымдасқан түрде қолдану.* **Қарулы күрестің құрлықаралық құралдары.** әск. *Басқа құрлықта орналасқан қарсыластардың маңызды объектілеріне күшті ракеталық - ядролық соққы беруге арналған құралдардың жиынтығы.* **Қарулы Күштер.** әск. *Мемлекеттің қорғаныс қызметін атқаратын әскер.* **Қарулы Күштер құрылысы.** әск. *Мемлекеттің Қарулы Күштерін құру, дайындау және нығай-ту жөніндегі өзара байланысты шаралар жүйесі.* **Қарулы Күштер түрі.** әск. *Мемлекеттің Қарулы Күшінің құрлықта, теңізде, әуе кеңістігінде әскери қимылдар жүргізуге арналған бөлігі.* **Қарулы Күштер тылы.** әск. *Әскерді тылмен және техникамен қамтамасыз етуге арналған күштер мен құралдар жүйесі.* **Қарулы қақтығыс.** әск. *Қаруланған топтар арасында болатын кішігірім соғыс; қару қолданылатын ұрыс қимылдары.* **Қарулы қол.** а) *Күшті, қайратты қол.* ә) *Қарулы топ, жасақ, әскер.* б) *Ер-азамат, күш-қуат иесі.* **Қарулы тырнақ.** *Қыран құс туралы.*

**ҚАРУЛЫҚ** зат. этн. ***Қарулы[1]***.

**ҚАРУЛЫЛЫҚ** зат. *Мықтылық, қайраттылық, күштілік.*

**ҚАРУЛЫРАҚ** сын. *Мықтырақ, күштірек, әлдірек.*

**ҚАРУ-САЙМАН** зат. **1.** *Қару-жарақ.* **2.** *Құрал-жабдық.*

**ҚАРУСЫЗ** сын. **1.** *Қаруы жоқ, қарулан-баған.* **2.** ауыс. *Әлсіз, қайраты шамалы.*

**ҚАРУСЫЗДАН=** ет. *Қарулы күштерді қысқарту, шек қою.*

**ҚАРУСЫЗДАНДЫР=** ет. **1.** *Қолындағы қаруын тартып алу, залалсыздандыру.* **2.** әск. *Мемлекеттің немесе оның белгілі бір аумағының қару-жарағын толық немесе белгілі мөлшерде шектеу.* **3.** спорт. *Қарсыласын қаруын түсіріп алуға мәжбүрлейтін сайыскердің қимылы.*

**ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ**<франц.demilitariser> *Қарусыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қаруынан айыру; қаруынан айырылу.* **2.** саяси. *Бір мемлекеттің немесе адамның екінші тараптан талап етуі, бойынша қаруын тастауы, шектеуі.*

**ҚАРУСЫЗДАНДЫРЫЛУ** *Қарусыздандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРУСЫЗДАНУ** *Қарусыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРШ**: **қарш етті**. *Қарш еткен дыбыс шықты.*

**ҚАРША[1]** зат. зоол. *Судың терeңінде тіршілік ететін балық түрі, шабақ балық.*

**ҚАРША[2]** үст. *Қар сияқты, қар секілді.*

**Қарша борады.** *Үсті-үстіне оқ жауды.* **Қарша боратты**. *Үсті-үстіне төпеледі, бастырмалатты, оқ жаудырды.* **Қарша жаудырды.** а) *Үсті-үстіне төпелетті, оқтың астына алды.* ә) *Үйіп-төкті.*

**ҚАРША[3]** сын. көне. *Кішкентай, аласа, жас.*

**ҚАРШАБАЙ** зат. этн. *Көкпар тартқанда, жаугершілікте мінетін түрік ері.*

**ҚАРШАДАЙ** сын. *Кішкентай, жас; буыны қатпаған.*

**Қаршадай басынан**. *Тым жастайынан, кішкентайынан.* **Қаршадай кез.** *Балалық шақ, бозбала кез.*

**ҚАРШАҚЫЗ** зат. миф. *Жаңа жылда Аяз атаның қасына ілесіп жүретін қыз.*

**ҚАРШ-ҚАРШ** елік. *Қарш-қарш еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚАРШ-ҚҰРШ** елік. *Қаршылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚАРШЫ[1]** зат. этн. *Киізден өрнектеп жасаған кебеже.*

**ҚАРШЫ[2]** зат. *Қар тазалаушы, қар күреуші.*

**ҚАРШЫҒА** зат. зоол. <лат. accipiter gentilis> **1.** *Имек тұмсығы мен тұяқтары қара, саусақтары салалы, денесі шағын келген жыртқыш құс.* **2.** ауыс. *Теңдессіз, тамаша.*

**Қаршыға жұмыстыру**. жерг. *Айтыстыру, егестіру, айдап салу, біріне-бірін шағыстыру.* **Қаршыға көзді**. *Өткір жанарлы, өжет.* **Қаршығаны қайырды.** *Қаршығаны баптады, күйіне келтірді.* **Қаршыға салды**. *Құс ұстауға қаршығаны пайдаланды.* **Қаршыға төс**. *Төсі шығыңқы, томпақ.* **Қаршыға тұмсық**. *Мұрнының ұшы ішке қарай иілiңкі.*

**ҚАРШЫҒАДАЙ** сын. *Қаршыға сияқты, қаршыға тәрізді.*

**Қаршығадай алғыр кескінді.** *Өжет, сұлу жүзді, жанары отты.* **Қаршығадай лып етті.** *Жылдам, шапшаң, тез қимылдады.* **Қаршығадай шағын [ғана] бой.** *Орташа бойлы, ұзын емес.*

**ҚАРШЫҒАША** үст. *Қаршыға секілді, қаршығаға ұқсап.*

**ҚАРШЫҒАШЫ** зат. саят. *Қаршығамен аң-құс аулайтын саятшы.*

**ҚАРШЫҚ** [тат.] зат. *Кемпір, жасамыс әйел.*

**ҚАРШЫЛ** зат. *Қарш-қарш еткен дыбыс.*

**ҚАРШЫЛДА=** ет. *Қарш-қарш еткен дыбыс шығару.*

**ҚАРШЫЛДАТ=** ет. *Екі қатты затты бір-біріне соғу, қаршылдаған дыбыс шығарту; қарш-қарш еткізу.*

**ҚАРШЫЛДАТУ** *Қаршылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРШЫЛДАУ** *Қаршылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРШЫН** зат. этн. *Ақ киізден немесе бір түсті матадан ішіне мақта салып сырылған, өрнектелген, көрпе-жастық салуға арналған жүкқап.*

**ҚАРЫ[1]** зат. **1.** анат. <лат. brachium> *Қолдың шынтақ қосындысынан иыққа дейінгі бөлігі.* **2.** этн. халықтық өлшем. *Иық пен білек аралығы.*

**Қары жыртылды.** *Қолы талды, бұлшықеті сөгілді.* **Қары қарысты [қарысып қалды].** а) *Қары, қолы шаршады, әлсіреді.* ә) *Бір нәрсені қатты қысып ұстағандықтан, қолдың ашылмай тырысып қалуы, әлсіреуі.* **Қарына сойыл [сүңгі] ілді [алды].** *Қолына қару алды.* **Қары сынсын.** қарғыс. *Жолы болмасын, қиындыққа душар болсын деген мағынада.* **Қары талды**. *Қолынан күш кетті, шаршады.*

**ҚАРЫ[2]** зат. *Қарақшы, кісі тонаушы, жол торушы.*

**ҚАРЫ[3]** зат. жерг. **1.** этн. *Уықтың астыңғы беті, иілген жері.* **2.** *Үйдің төбесіне салатын жуан ағаш; белағаш.*

**ҚАРЫ[4]** зат. көне. *Туысқан, ру, тек.*

**ҚАРЫ[5]** сын. жерг. *Егде, кәрі.*

**Қары әңгіме**. сөйл. *Ескі сөз, әңгіме; бұрыңғыдан қалған сөз.* **Қары жілік**. сөйл. ***Кәрі жілік.*** **Қары қабырға**. жерг. *Қаршығадан жоғарғы қабырғалар.* **Қары үй**. этн. *Қара шаңырақ, баланың ең кішісінің, кенжесінің үйі; ең кіші баланың ата-анасы отырған үй.*

**ҚАРЫ[1]=** ет. **1.** *Қыздырылған темірмен күйдіру.* **2.** ауыс. *Қатты аяздың кенет ұруы; тоңдыру.*

**ҚАРЫ[2]=** ет. көне. *Қартаю, мосқал тарту.*

**ҚАРЫҒУ** *Қарық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫЗ[1]** зат. **1.** *Біреуге берілген немесе біреуден алған несие, борыш.* **2.** экон. *Екі тараптың – қарыз беруші мен қарыз алушының арасында жасалатын келісімшарт түрлерінің бірі.* **3.** ауыс. *Азаматтық борыш, адамгершілік парыз.*

**Қарыз алысу.** экон. *Қарыз қаражатын тарту қажеттігі туралы шешім қабылдау, қарызды тарту, пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын белгілеу рәсімдерін қамтитын процесс.* **Қарызға батты.** *Көп қарыз алды, борышты болды, несиені көп алды.* **Қарызға қызмет көрсету.** экон. *Уәкілетті органның немесе банктің қарызгер шоттарындағы қарыз қаражатының пайдаланылуын есепке алу және қарызгердің негізгі борышты, сыйақыны (мүддені), комиссиялық ақыны және басқа төлемақыларды қарыз шарттарына сәйкес өтеу үшін төлеу жөніндегі қызметі.* **Қарызды қайтару мерзімі.** экон. *Қарызгердің немесе алынған соманы өсімімен қоса өтеу қажеттігі белгіленген уақыт.* **Қарызды ұластыру.** экон. *Қысқа мерзімді мемлекеттік заемдарды ұзақ мерзімді немесе мерзімсіз заемдарға айналдыру жөніндегі операция.* **Қарыз капиталы.** экон. *Облигациялар т.б. бағалы қағаздар шығарудан түскен қаражат есебінен, сондай-ақ, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді банк несиесі есебінен құралатын капитал.* **Қарыз конверсия.** экон. *Бұрынырақ шығарылған қарызды оның мерзімі мен қарыз пайызының мөлшерінің өзгеру мақсатымен байланысты жаңа қарызбен алмастыру.* **Қарыз қабырғасына батты.** *Уайымдады, мазасызданды.* **Қарыз қаражаты.** экон. *Кәсіпорынның банктің қысқа мерзімді несиесі тәртібімен алған айналым қаражатының бөлігі.* **Қарыз қылды.** *Міндет қылды, міндетсінді.* **Қарыз міндеттемесі.** экон. *Қарыз беруші мен қарызгер арасындағы қарыз шарттары белгіленген құжат.* **Қарыз сұрады [алды].** *Біреуден уақытша пайдалану үшін ақша немесе басқа зат алды.* **Қарызы бар.** *Өтелмеген парызы бар, борышы орындалмаған.* **Қарызы кетті.** *Ақысы кетті, қарызы қайт-пайт қалды.* **Қарызы қайтты.** а) *Біреуге берген ақшасы қайта қолына тиді, берген несиелері қайтарылды.* ә) *Жасаған жақсылығының өтемін көрді, жақсылығы алдынан шықты.* **Қарызы қалды.** *Мойнында өтелмеген борышы қалды.* **Қарызын ақтады.** *Борышын өтеді, сенімін ақтады.* **Қарызын атқарды.** *Борышын орындады, парызын өтеді.* **Қарызынан құтылды.** а) этн. *Өлген адамға бағыштап ас беріп, Құран оқытты.* ә) *Адамдық, азаматтық қарызын, борышын өтеді.* **Қарызын қайтарды.** а) *Біреуден алған несиесін иесіне берді, борышын өтеді.* ә) *Біреудің жасаған жақсылығын өтеді, жақсылық жасады.* **Қарызын өтеді.** *Міндетін атқарды, борышын қайтарды.* **Қарызыңды кеш.** діни. *Өлер адаммен ақтық арыздасуда айтылатын тілек.*

**ҚАРЫЗГЕР** зат. экон. *Мемлекеттік немесе жеке коммерциялық банктерден несие алған адам немесе заңды тұлға; несие алушы.*

**ҚАРЫЗДАН=** ет. *Қарыз алу, борышты болу.*

**ҚАРЫЗДАНДЫР=** ет. *Біреуді несиеге ақша алуға мәжбүр ету, қарызға батыру.*

**ҚАРЫЗДАНДЫРУ** *Қарыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫЗДАНУ** *Қарыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫЗДАНЫП-ҚАУҒАЛАНЫП** үст. *Қарыз алып, әйтіп-бүйтіп, жиыстырып.*

**ҚАРЫЗДАР** сын. *Қарыз, борышты.*

**Қарыздар болып қалды.** *Біреудің жақсылығына жауап қайыра алмады, міндетін өтемеді.*

**ҚАРЫЗДЫКЕР** сын. сөйл. ***Қарыздар.***

**ҚАРЫЗ-ҚҰРЫЗ** зат. сөйл. *Ұсақ-түйек қарыз.*

**ҚАРЫЗСЫЗ** сын. *Қарызы жоқ, қарыз алмай.*

**ҚАРЫҚ[1]** зат. **1.** кәс. *Бау-бақша, егін арасындағы арықтан тартылған қысқа арық, жүйек.* **2.** кәс. *Жиналған шөпке мал түспеу үшін және өртенбеу үшін айналасынан қазылған ор.* **3.** ирриг. *Трапеция пішінде қазылған, жерасты суы деңгейін төмендету және жер беті суларын тосып алу үшін, сондай-ақ басқа жаққа бұрып әкетуге арналған құрылыс.* **4.** кен. *Қимасы шағын трапеция тәріздес (пішіні тікбұрышты болып келетіндері сирек кездеседі) ашық кен қазбасы.*

**ҚАРЫҚ[2]** зат. *Екпін, алқын, желік.*

**Қарығы басылды.** *Желігі басылды; алқынуы тыйылып, жайланды.*

**ҚАРЫҚ[3]**: **қарық болды.** *Бір нәрсеге жарыды, молшылыққа кенелді, жетісті.*

**Қарық етті.** *Молшылыққа белшесінен батырды, кенелтті, жарылқады.* **Қарық қылды.** *Молшылыққа белшесінен батырды, жарылқады, кенелтті.* **Қарық қылмады**. *Еш нәтиже шығара алмады, жетістірмеді.*

**ҚАРЫҚ=** ет. *Күшті сәуленің, аппақ қарлы даланың, шаңның, желдің әсерінен көзді аша алмай қалу, көзі жасаурау.*

**ҚАРЫҚСЫЗ** сын. *Қарығы жоқ, қарық қолданбай.*

**Қарықсыз кәріз**. тех. *Жерді тіліп, жер астына пластмасса құбыр төсейтін арнайы мәшине.*

**ҚАРЫҚТА=** ет. *Егін арасына кішкене арық қазу.*

**ҚАРЫҚТАУ** *Қарықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫҚТЫҚ[1]** зат. мед. *Қаны көтеріліп, басы жиі ауыратын адамдардың басынан қан алу үшін қолданылатын құрал.*

**Қарықтық алу**. мед. *Арам қанды сорғызып алу.*

**ҚАРЫҚТЫҚ[2]**: **қарықтық ұн**. жерг. *Қамыр астына себетін майда, ұлпа ұн.*

**ҚАРЫҚТЫР=** е т. *Күн сәулесінің, оттың немесе ақ түсті заттың күнге шағылысып көз қаратпауы.*

**ҚАРЫҚТЫРУ** *Қарықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫҚЫЗ** з а т. к ә с. *Түсі қара көк, қабығы қалың, сырты қатпарлы, қысқа сақтайтын тәтті қауын.*

**ҚАРЫЛ=** е т. **1.** *Көзі қарығу, қарай алмау.* **2.** *Күю, өртену, шыжғырылу.* **3.** *Суықтан үсіп-тоңу.*

**ҚАРЫЛУ** *Қарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. *Қарттық, мосқал тартушылық.*

**ҚАРЫМ**[1] з а т. с ө й л. ***Қарымта.***

**ҚАРЫМ**[2] з а т. **1.** *Күш, қуат, әл.* **2.** а у ы с. *Ауқым, ая, өріс; құлаш.*

**Қарымға келмеді.** *Шамасы жетпеді.* **Қарымын қайтарды.** *Үлесін, есесін берді.*

**ҚАРЫМ**[3] з а т. ж е р г. **1.** *Ру, тек, тұқым.* **2.** *Басқа рудан келген адам, қонақ.*

**ҚАРЫМА**[1] з а т. к ә с. т а м а қ. *Нан қосып пісірілген балық; қарма.*

**ҚАРЫМА**[2] з а т. к ө н е. *Табаға, қазанға, тасқа жауып пісірілген нан.*

**ҚАРЫМДА=** е т. *Кеңінен алу, құлаштау.*

**ҚАРЫМДАЙ** с ы н. *Кең құлашты; күш-қуаты мол.*

**ҚАРЫМДАУ** *Қарымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫМДЫ** с ы н. **1.** *Қарулы, күшті.* **2.** а у ы с. *Құлашы кең, ауқымды.*

**ҚАРЫМДЫҚ** з а т. с ө й л. ***Қарулық.***

**ҚАРЫМДЫЛАУ** с ы н. *Қарулылау, әлділеу, күштілеу.*

**ҚАРЫМДЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Күштілік, қарулылық, әлділік.* **2.** а у ы с. *Құлашы кеңдік, ауқымдылық.*

**ҚАРЫМЖЫ**[1] з а т. с ө й л. ***Қарымта.***

**ҚАРЫМЖЫ**[2] з а т. э к о н. *Тауар құнының келісімшарт жасасқанға дейін сатып алушының сатушыға алдын ала төлейтін бөлігі.*

**ҚАРЫМ-ҚАРЫМ** с ы н. ж е р г. *Үйілім-үйілім, бел-бел.*

**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС** з а т. **1.** *Байланыс, барыс-келіс.* **2.** қ о ғ. *Адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнатын күрделі процесс.*

**Қарым-қатынас ережелері.** э т и к а. *Қарым-қатынас жасау нормалары.* **Қарым-қатынас мәдениеті.** э т и к а. *Адамдар арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға қажетті ережелер жиынтығы және оны меңгеру; этикет.*

**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАССЫЗ** с ы н. *Қарым-қатынасы, байланысы жоқ.*

**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ** с ы н. *Қарым-қатынасқа қажетті.*

**Қарым-қатынастық желі.** и н ф. <ағыл. communication network> *Өзара байланысқан қарым-қатынастық модульдер – байланыс тораптары мен абонент бөлімдерінің жиынтығынан құралатын мәліметтерді тарату желісі; байланыс жасау үшін пайдаланатын желі.* **Қарым-қатынастық кедергі.** и н ф. <ағыл. communication barrier> *Автоматтандырылған жүйені әзірлеу мен өндіріске ендіру кезінде жүйе сараптаушылары мен кәсіпорынды басқару қызметкерінің арасында өзара әрекеттесу процесінде туындайтын кедергі.*

**ҚАРЫМ-ҚАТЫС** з а т. с ө й л. ***Қарым-қатынас.***

**ҚАРЫМСА** з а т. с ө й л. *Қарымта, есе, жауап әрекет.*

**ҚАРЫМТА** з а т. **1.** *Еткен еңбек, жасаған жақсылық, қылған қиянаты үшін қайтарылатын есе; қарым, қармыжы.* **2.** т а р. *Қазақтың дәстүрлі құқықтық қағидаларында ерте заманда қалыптасқан ұғым.*

**Қарымта қайтарысты.** *Бірігіп есесін жібермеді, кегін бірге қайтарды.* **Қарымта матч.** с п о р т. *Екі спортшының немесе командалардың арасында екінші рет өтетін сайыс, жауап қайыру ойыны.* **Қарымтасын қайырды [қайтарды].** *Есесін қайырды, көмегін өтеді.*

**ҚАРЫМТАШЫЛ** с ы н. *Бір нәрсенің қарымтасын қайтарғыш.*

**ҚАРЫН** з а т. <лат. gaster> **1.** а н а т. *Адамның, жан-жануарлардағы ас қорыту жолының өңеш пен аш ішек арасында орналасқан кеңейген бөлігі.* **2.** а у ы с. *Құлқын, жеке бастың қамы.*

**Қарны ашты.** а) *Тамақ ішкісі келді, жүрегі сазды.* ә) *Көңілі толмады, разы болмады.* **Қарны жерге тиді.** *Іші тым үлкейіп кетті (мал туралы).* **Қарны жер сызды.** а) *Буаз малдың төлдейтін кезі жақындады деген мағынада.* ә)*Тойынды.* **Қарны қабақтай.** *Қарны үлкен, шермиген.* **Қарны қабысты.** *Ашықты, өзегі талды.* **Қарны қампайды.** а) *Бүйірі шықты, тойынды.* ә) *Іші кепті.* **Қарны қампиған, бұты тыртиған.** *Тым арық, жүдеу.* **Қарны қампиды.** а) *Іші кепті.* ә) *Бүйірі шықты, тойынды.* б) *Ісіп-кепті, мақтанды.* **Қарнына жүк болмады.** *Жұмырына жұқ болмады, тоймады.* **Қарнынан қақталды**. с т и л ь. *Отқа үсталды.* **Қарнының жыртығын жамады.** *Аз да болса, жүрегін жалғады, шала-пұла қоректенді.* **Қарныңа қара пышақ кіргір [қадалғыр].** қ а р ғ ы с. *Көбіне артық тамақ ішіп қойғанда я бала «қарным ашты» деп қыңқылдап мазалай бергенде айтылады.* **Қарны сыздады [шеңбірек атты].** *Тамақты шамадан тыс көп ішті.* **Қарны тойды.** *Молшылыққа кенелді.* **Қарны тоқ [болды].** *Тұрмысы жақсы, дастарқаны берекелі.* **Қарны тоқ, көйлегі көк.** *Аман-есен, баршылықта тыныш өмір сүріп жатыр.* **Қарны шықты.** а) *Тамаққа жарыды, тойынды.* ә) *Семірді, майланды.* **Қарын безі.** б и о л. <лат. glandula ventriculis> *Безді қарынның кілегей қабығы өзіндік тақташасында орналасқан қарапайым түтікше без.* **Қарын бөле.** э т н. *Бір анадан туған қыздардың балаларының бір-біріне туыстық қатысы.* **Қарын бөртпе**. э т н. т а м а қ. *Қарынға салып пісіретін ұлттық тағам түрі.* **Қарын дүре.** т а р. *Ертеде айыпты адамды асқа тойғызып алып, ішінен таяқпен, қамшымен ұрып жазалау тәсілі.* **Қарын көмбе.** э т н. *Жіліктеп бұзылған етке дәмдеуіштер қосып, түгі сыртына қараған қарынға тығып, көміп пісіретін тағам.* **Қарын қабығы.** а н а т. *Қарынның сыртқы шырышты қабаты.* **Қарын қампитты.** *Бүйірі шықты, тойынды.* **Қарын құда.** э т н. *Бел құда.* **Қарын құрышы**. а) э т н. *Мал қарнының дәмді бөлігі.* ә) *Маңыздысы, шұрайлы жері.* **Қарын қышқылы.** б и о л. *Қарында бөлініп шығатын қышқыл.* **Қарыннан басқа қамы жоқ.** ж а ғ ы м с ы з. *Жеке басының мүддесін ғана ойлайтын тоғышар (адам).* **Қарын сөлі.** б и о л. *Қарынның кілегей қабатынан бөлінетін түссіз, мөлдір, шырышты сұйық [ол қышқылдық реакция көрсетеді (pH0,8 – 1,2)].* **Қарын сөлі қышқылы.** м е д. *Адамның ішкен асын қорытуға себі тиетін дәрі.* **Қарын сүзек.** м е д. *Жұқпалы іш ауруы.* **Қарын терезе**. к ө н е. *Әйнектің орнына қарын керілген терезе.* **Қарын тойса қарта боқ сасиды.** с ө й л. *Қарны тоққа қарта да бәмсіз көрінеді.* **Қарын ұйқысын ұйықтады.** *Жас сәбидің алғашқы дүниеге келген кездегі ұйқысы.* **Қарын шаш.** э т н. а) *Баланың іштен туғандағы шашы.* ә) *Жас баланың қырқынан шыққанға дейінгі шашы.* **Қарын шашы алынбаған**. а) *Ешкім тимеген; тыныш, алаңсыз.* ә) *Тезге түспеген, тегеурін көрмеген.*

**ҚАРЫНАЯҚ** з а т. э т н. *Аяқтың, тостағанның ең үлкені, шұңғылы.*

**ҚАРЫНБАЙ** з а т. э к с п р. *Шектен тыс сараң, қытымыр, дүниеқор.*

**ҚАРЫНБАЙДАЙ: Қарынбайдай сараң**. *Асқан сараң.*

**ҚАРЫНБАЙЛЫҚ** з а т. *Дүниеқорлық, сараңдық, қытымырлық.*

**ҚАРЫНБАЙША** ү с т. *Қарынбай тәрізді, қарынбайға ұқсап.*

**ҚАРЫНБҮРМЕ** з а т. э т н. т а м а қ. *Қарынның ішіне ұсақталған ет, май, пияз т.б. қосып пісіретін тағам.*

**ҚАРЫНДА=** е т. э т н. *Етті жас қалпында сақтау үшін қарынға салу.*

**ҚАРЫНДАҒАН** с ы н. э т н. *Қарын-қарынға салынған.*

**ҚАРЫНДАЙ** с ы н. *Қарын сияқты, қарын тәрізді.*

**ҚАРЫНДАС**[1] з а т. к ө н е. *Туысқан, ағайын, бауыр.*

**Қарындасқа қамқор болу.** *Ағайын-туғанға жанашырлық көрсетіп, жақсылық жасау.* **Қарындастан залал көрді.** *Ағайыннан зәбір көрді, жапа шекті.* **Қарындасы қас болды.** *Өз туысқандарының ішінен дұшпан шықты, ағайындар жауласты.*

**ҚАРЫНДАС**[2] з а т. э т н. **1.** *Бірге туған жасы кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы.* **2.** *Жасы үлкен ер адамның әйел балаға айтатын қаратпа сөзі.*

**ҚАРЫНДАСТАЙ** с ы н. *Қарындасы сияқты, қарындасы тәрізді.*

**ҚАРЫНДАСТАУ** с ы н. *Туыстығы бар, жақын.*

**ҚАРЫНДАСТЫҚ**[1] з а т. **1.** *Қарындас болушылық.* **2.** *Бауырлық, ағайындық, туыстық.*

**ҚАРЫНДАСТЫҚ**[2] с ы н // *Қарындасқа тән, қарындасқа қатысты.*

**ҚАРЫНДАШ**[1] з а т. *Сырты ағаштан, өзегі графиттен жасалған жазу, сызу құралы.*

**ҚАРЫНДАШ**[2]**: қарындаш арба.** ж е р г. *Төрт дөңгелекті жеңіл арба.*

**ҚАРЫНДЫ** с ы н. *Қарны жуан, семіз.*

**ҚАРЫНДЫЛАУ** с ы н. *Қарны жуандау келген, ұлк е н .*

**ҚАРЫН-ҚАЖАҚ** з а т. ж е р г. *Ішек-қарын; оны-мұны, ұсақ-түйек ет.*

**ҚАРЫН-ҚАРЫН** з а т. *Бірнеше қарын; көп, мол.*

**ҚАРЫНСА** з а т. э т н. *Аттың бауырын маса, сона шақпау үшін ау торынан жасалатын қап.*

**ҚАРЫНСАЛДЫ** с ы н. *Тойынған, тоқ.*

**Қарынсалды болды.** *Тамаққа тойынды, қарны шықты.*

**ҚАРЫНСАУ** с ы н. *Қарны қабақтай, жуан.*

**ҚАРЫНША**[1] з а т. а н а т. <лат. ventriculus> *Жүректің қолқа арқылы екіге бөлінген, қанды қан тамырларына айдайтын төменгі бөлігі.*

**ҚАРЫНША**[2] ү с т. *Қарын сияқты, қарын тәрізді.*

**ҚАРЫП**[1] з а т. к і т а б. ***Әріп.***

**ҚАРЫП**[2] с ы н. к і т а б. ***Кәріп.***

**ҚАРЫП-ҚАСАР** з а т. с ө й л. ***Кәріп-қасер.***

**ҚАРЫС**[1] з а т. **1.** э т н. *Бас бармақ пен ортан қолдың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі.* **2.** а у ы с. *Ұзын, жалбыраған деген мағынада.* **3.** а у ы с. *Қысқа, келте.*

**Қарыс баспады [шықпады].** *Ешқайда бармады.* **Қарыс жауған қардай.** *Қалың, биік.* **Қарыс жер [бір қарыс жер].** э т н. *Болар-болмас қашықтық, өте жақын жер.* **Қарыс жер мұң болды.** *Жақын жер жеткізбес алысқа айналды.* **Қарыс қазы.** э т н. *Жуандығы бір қарысқа жуық, үлкен, жуан қазы.* **Қарыс сүйем**. а) *Бармақ пен ортан қол аралығымен өлшейтін халықтық өлшем.* ә) *Алақандай, кішкентай (жер).* **Қарыстан сүйем жақын.** *Жақынырақ, жуығырақ, таяурақ.*

**ҚАРЫС**[2] з а т. ж е р г. *Ертеде пайдаланылған түйе, қой жүнінен жасалған киім.*

**ҚАРЫС**[3]**: қарыс айырды**. *Қақ бөлді.*

**Қарыс ұрды**. *Аһ ұрды, күрсінді.*

**ҚАРЫС=** е т. **1.** *Айқасып ашылмай, қозғалмай қалу.* **2.** *Тіресу, ерегісу, тайталасу; тырысу.* **3.** *Шаршау, талу; әлсіреу.* **4.** а у ы с. *Шыдау, төзу, сыр бермеу.*

**ҚАРЫСҚАҚ** с ы н. *Тайталасқыш, ерегіскіш.*

**ҚАРЫСПА** с ы н. *Қарысып қалған, ерегіспе, бірбет.*

**ҚАРЫСПАЛЫҚ** з а т. *Қасарыспалық, бірбеткейлік.*

**ҚАРЫСТА=** е т. *Қарыспен өлшеу.*

**ҚАРЫСТАЙ** с ы н. *Ұзындығы қарыс шамасындай, қарыс мөлшеріндей.*

**ҚАРЫСТАУ** *Қарыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫСТЫР=** е т. *Қатты күш түсіру, қатыру, қозғалтпай қою, сірестіру.*

**ҚАРЫСТЫРУ** *Қарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫСУ**[1] *Қарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫСУШЫ** з а т. *Қарсылық білдіруші, қасарысушы.*

**ҚАРЫСУШЫЛЫҚ** з а т. *Қарсылық білдірушілік, қасарысушылық.*

**ҚАРЫТ=** е т. *Жібіту, араластыру.*

**ҚАРЫТУ** *Қарыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫШ**[1] з а т. е с к і к і т. *Мұрсат, мұмкіндік.*

**ҚАРЫШ**[2] з а т. з о о л. *Балық түрі.*

**ҚАРЫШТА=** е т. **1.** *Адымдау, жылдам басу, жеделдетіп жүру.* **2.** а у ы с. *Өрлеу, өркендеу, қарқындау.* **3.** а у ы с. *Шалқу, асқақтау.*

**Қарыштап даму.** *Қарқынды түрде алға басу, тез өрлеу.*

**ҚАРЫШТАТ=** е т. *Қарқындату, жеделдету, екпіндету.*

**ҚАРЫШТАТУ** *Қарыштат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫШТАУ** *Қарышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАРЫШТЫ** с ы н. *Қарқынды, екпінді.*

**ҚАРІП** з а т. **1.** е с к і к і т. ***Әріп.*** **2.** и н ф. <ағыл. font> *Символдарды көрнекті түрде бейнелеуге пайдаланылатын сызылымдар жиыны.*

**Қаріпті тығыздау.** и н ф. <ағыл. condensed font> *Қалыпты аралықпен салыстырғанда әріптердің арасындағы аралықты азайту.*

**ҚАРІП-ҚАСЕР** з а т. с ө й л. ***Кәріп-қасер.***

**ҚАС**[1] з а т. а н а т. <лат. supercilium> *Қабақтың үстіне шығатын түк.*

**Қас қағым арасында [сәтте, уақытта].** *Лезде, тез, жылдам.* **Қас қағымда**. *Көзді ашып-жұмғанша, тез, әп-сәтте.* **Қас қағымның арасында.** *Әп-сәтте, лезде.* **Қас қағым сәт [уақыт].** *Өте аз уақыт, секунд мөлшері.* **Қас қағысты.** *Ымдады, белгі берді, мезгеп нұсқады.* **Қас қадады [тікті].** ж е р г. *Көз жіберді, көз тікті.* **Қас қаққандай**. *Бір сәт қана, сәл-пәл уақыт.* **Қас қаққанша**. *Лезде, көзді ашып-жұмғанша.* **Қас қақпады.** а) *Алған бетінен қайтпады, қайсарлық жасады, қасарысты.* ә) *Қалт жібермеді.* **Қас қақпастан қарады.** а) *Бедірейді, тесірейді; көз алмады.* ә) *Бар назарын аударды, құлақ салды, ықылас қойды.* **Қас қақты**. *Ымдады, белгі берді, мегзеді.* **Қас пен көздің арасында [арасынша].** *Лезде, жылдам, тез.* **Қас пен қабақ арасында.** *Жылдам, тез, лезде.* **Қасы иәй.** е с к і к і т. *Араб әліпбиіндегі иәй әрпіне ұқсайтын ирек қас.* **Қасы қаламдай.** *Қасы қиылған, жіп-жіңішке, тартқан сымдай.* **Қасы мен қабағын аңдыды.** *Көңілін аулады, бәйек болды.* **Қасын исмайлады.** *Сыланып-сипанды, сұлуланды, исмай жақты.* **Қасын керді**. а) *Қасын, қабағын жоғары көтеріп, бет-әлпетін жөндеді, әдеміленді.* ә) п а р а л и н г в. *Біреуді іздегенде, мән бергенде, көргенде, танығанда қасын жоғары көтеріп білдіретін қимыл ишарат.* б) *Кербезденді, паңданды, маңғазданды.* **Қасын керіңкіреді.** *Қасын көтеріңкіреді.* **Қасын көтерді.** *Кербезденді, керілді; бір нәрсеге таңғалды, қайран қалды.* **Қасын түйді.** а) *Ренжіді, қапаланды; ашуланды.* ә) б е й н. *Әуені бұлт басып, күн ашылмай қойды.* **Қасын тікті**. *Қастықпен қарады, жаусырады, қаһарын төге ызғарланды.*

**ҚАС**[2] с ы н. **1.** *Қастық, өштік, дұшпандық, біреуге жамандық ойлаушы, өш.* **2.** *Дұшпан, жау.*

**Қас болды.** *Жауласты, өштесті, дұшпандық етті.* **Қас жау [дұспан, дұшпан]**. *Ымыраға келмейтін бітіспес, ата жау, ежелгі дұшпан.* **Қас жинайды.** *Адамдармен достасудан гөрі, қастасуға бейім, жауласқыш.* **Қас көрді**. *Дұшпан санады, жауым деп білді.* **Қас қылғандай [қас қылғанда].** *Әдейі, жорта, қасақана істегендей.* **Қас қылды**. *Дұшпандық істеді, қастық жасады.* **Қас ойлаушы.** *Жамандық істеуші, қаскүнем.* **Қас тағдыр**. *Әуел бастан жолына, тілегіне қарсы келген жазмыш.* **Қас тұтты**. *Жауым деп санады, дұшпан көрді.* **Қасы бар.** *Дұшпаны бар, өштескен жауы бар.* **Қасы досқа айналды.** *Татуласты, бейбітшілік орнады.*

**ҚАС**[3] [ар. خاص] ү с т. *Нағыз, тым, өте, аса; қаса.*

**Қас әділет**. *Нағыз шындық, шүбәсіз дұрыстық.* **Қас батыр.** *Нағыз жаужүрек, өжет батыр.* **Қас батырдай.** *Қас батыр сияқты.* **Қас бедеу**. *Асқан жүйрік, асыл тұқымды тұлпар.* **Қас жақсы**. *Жаны ізгі, жақсылыққа құмар, кісілігі жоғары адам.* **Қас жау.** а) *Нағыз жау, барып тұрған дұшпан, ата жау.* ә) *Абырой әпермейтін, зиянды.* **Қас кедей**. *Сіңірі шыққан жарлы, тақыр кедей.* **Қас қыран**. *Таза тұқымды аңға салатын құс, қыран.* **Қас маңғаз**. *Нағыз кербез, паң.* **Қас надан**. *Тым топас, көкіреккөзі ашыл-маған, қараңғы.* **Қас сұлу [ару].** *Мінсіз сұлу, асқан сұлу.* **Қас шебер [ұста].** *Он саусағынан өнері тамған, нағыз өнерпаз.*

**ҚАС**[4] з а т. *Ағаш, сүйек ердің күміспен күптелетін алдыңғы және артқы басы, таянышы.*

**ҚАС**[5] з а т. ж е р г. *Шым, шымды жер.*

**ҚАС**[6] з а т. э т н. қ о л ө н е р. **1.** *Зергерлік бұйымдарға салынатын түрлі-түсті асыл тас.*

**ҚАС**[7] з а т. э т н. *Туырлықтың жиегі, қасы.*

**Қас жүргізу.** э т н. а) *Зергерлік әшекей бетіне шыны яки асыл тас орнату.* ә) *Арнаулы қалыппен соғу арқылы қасты күмістің өзінен шығару; күмбездеу.* **Қас ноқта қалып.** э т н. қ о л ө н е р. *Ноқта, жүгенге күмістен ою-өрнегі бар шытыра соғатын құрал.* **Қас сақина**. э т н. *Үстіне қас қойылған сақина.*

**ҚАС**[8] з а т. ж е р г. *Тіреу ағаш.*

**ҚАС**[9] с ы н. *Тән, лайық.*

**ҚАС**[10] ү с т. ж е р г. *Әдейі, жорта, түк білмегенсіп.*

**Қас айту**. ж е р г. *Әдейі, қасақана айту.*

**ҚАС: қас қарайды.** *Көз байланды, қараңғы түсті, ымырт жабылды.*

**Қас қарайып, күн батты [түн болды].** *Қою қараңғылық басты, қараңғы түн болды.* **Қас қарайып, ымырт жабылды [болды].** *Кеш батты, қараңғы түсті.*

**ҚАСА**[1] з а т. *Жануардың еркектік жыныс мүшесі.*

**ҚАСА**[2] ү с т. с ө й л. *Нағыз, тым, өте, қас.*

**Қаса ақымақ [жаман].** *Есуас, нағыз нақұрыс.* **Қаса батыр**. *Нағыз жаужүрек ер.* **Қаса кедей**. ж е р г. *Сіңірі шыққан кедей, жарлы.* **Қаса көрім**. ж е р г. *Өте әдемі, асқан сұлу.* **Қаса надан**. *Ойлануды білмейтін нағыз топас.* **Қаса сорлы.** *Әбден сорлаған, нағыз бейшара, сормаңдай.* **Қаса сұлу**. *Ерекше көрікті, аса сұлу.*

**ҚАСАБА**[1] з а т. к ө н е. э т н. **1.** *Бір шоқ қауырсын қадап, маңдай тұсын түгелдей асыл тас, алтын, күміс әшекейлермен безеп, оң жақ самай тұсына 5-6 қатардан төгілмелі моншақ, күміс қоңыраушалар байлап, ұзын салпыншақты етіп жасаған қыз тақиясының бір түрі.* **2.** *Ердің шошақ басы.* **3.** *Үш аяқты ошаққа орнатылған, қазан тұратын қайқы бас темір.*

**ҚАСАБА**[2] з а т. а н а т. *Жамбастағы шат сүйегі.*

**ҚАСАБА**[3] с ы н. *Жасы талайға келген, мама (бие).*

**Қасаба бие**. *Құлындап жүрген жеті-сегіз жастағы бие.*

**ҚАСАБАЛЫ** с ы н. *Жасамыс, тіс қаққан.*

**Қасабалы бие.** *Жеті-сегіздегі құлындап жүрген бие.*

**ҚАСАБДАР** з а т. *Матаның бір түрі, қасаптар.*

**ҚАСАД** з а т. е с к і к і т. **1.** *Қастық, дұшпандық.* **2.** *Арам ой, қара ниет.*

**Қасад қылды.** е с к і к і т. *Көре алмады, күндеді, күншілдік етті.*

**ҚАСАД**[2] з а т. е с к і к і т. *Мақсат, мүдде; жоспар.*

**ҚАСАҚАНА** ү с т. *Біле тұра, әдейі.*

**ҚАСАҚАНАЛЫҚ** з а т. *Әдейі істеушілік, қасақылық.*

**ҚАСАҚЫ** с ы н. *Ерегіскен, қасарысқан; қас.*

**Қасақы жау.** *Өштескен дұшпан.* **Қасақы сөйлеу**. *Қасақана кері сөйлеу.*

**ҚАСАҚЫЛАН=** е т. *Қырсығу, қасарысу, кертартпалану.*

**ҚАСАҚЫЛАНУ** *Қасақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАҚЫЛЫҚ**[1] з а т. *Ерегісушілік, қасарыспалық, қастық.*

**ҚАСАҚЫЛЫҚ**[2] з а т. з а ң. *Қаскөйлік, браконьерлік (жан-жануарларды қорғау туралы заңдар мен ережелерді қасақана бұзып, аң құс, балық аулау немесе қырып-жою, сондай-ақ, тиісті рұқсатсыз, тыйым салынған жерлерде, мерзімде немесе қарумен және басқа тәсілдермен заңсыз аңшылық құру).*

**ҚАСАЛАС=** е т. е с к і к і т. *Қарсыласу, ерегісу.*

**ҚАСАЛАҚ: қасалақ оқ.** *Жасырын, ту сыртынан атылған оқ.*

**ҚАСАЛЫҚТЫ** с ы н. *Көрген-білгені мол, байсалды, парасатты.*

**ҚАСАМ**[1] [ар. قسم] з а т. е с к і к і т. э т н. ***Ант.***

**Қасам атқан**. ж е р г. *Құдай атқан, антұрған.* **Қасам қылды.** е с к і к і т. э т н. *Серттесті, уағдаласты, анттасты.* **Қасам ішті**. э т н. *Ант ішті, қарғанды.*

**ҚАСАМ**[2] с ы н. ж е р г. *Жаман.*

**ҚАСАМА=** е т. е с к і к і т. **1.** *Бөлу, бөлшектеу.* **2.** *Тарату, үлестіру.*

**ҚАСАМДА=** е т. *Ысқылау, езу.*

**ҚАСАҢ** с ы н. **1.** *Қатып қалған, қатты.* **2.** а у ы с. *Қатал, қатаң, қатыгез; мейірімсіз.*

**Қасаң байтал.** *Бедеу байтал.* **Қасаңға айналған төл**. *Жатырда қатып қалған ұрық, жансыз дене.* **Қасаң ет**. а) *Қатып қалған, кепкен ет.* ә) *Сірі, көн.* **Қасаң қабық**. а н а т. <лат. cornea> *Көз алмасының сыртқы – фиброзды қабығының алдыңғы мөлдір бөлігі.* **Қасаң қағидашылық**. с а я с и. *Теориялық немесе саяси мәселелерді зерттеп шешуде нақтылы жағдайларды ескермейтін біржақты ойлау әдісі.* **Қасаң ми.** *Ақылға келмейтін, ешбір уәжге көнбейтін топас (адам).*

**ҚАСАҢДА=** е т. **1.** *Кебу, құрғау, қатаю.* **2.** а у ы с. *Жадау тарту, жүдеу.*

**ҚАСАҢДАН=** е т. *Кеуіп қатаю, қатпарлану.*

**ҚАСАҢДАНУ** *Қасаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАҢДАТ=** е т. *Қатқылдандыру, қатуландыру.*

**ҚАСАҢДАТУ** *Қасаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАҢДАУ**[1] с ы н. **1.** *Қаттылау, мықтылау.* **2.** а у ы с. *Сүреңсіздеу, жұтаңдау.* **3.** а у ы с. *Қаталдау, қатаңдау.*

**ҚАСАҢДАУ**[2] *Қасаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАҢДЫ** с ы н. с ө й л. *Иілікпейтін, қатал.*

**ҚАСАҢДЫҚ** з а т. *Қатып, сіресіп қалғандық.*

**ҚАСАҢСУ** *Қасаңсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАҢСЫ=** е т. *Кебу, құрғау; қатып-сему.*

**ҚАСАП** [ар. قصاب] з а т. **1.** *Малды сойып, сату ісі.* **2.** *Сойып сатылатын мал.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсеге епті, шебер деген мағынада.*

**ҚАСАПТА=** е т. *Қасап жасау.*

**ҚАСАПТАР** з а т. к ө н е. *Таза жібек.*

**ҚАСАПТАУ** *Қасапта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАПХАНА** [ар.+ир. قصاب خانه] з а т. *Аудан орталықтарында, ірі кенттер мен ауылдарда ұйымдастырылатын, мал союшы кәсіпорын.*

**ҚАСАПШЫ** з а т. *Мал союшы маман.*

**Қасапшының итіндей жалаңдады [жалақтады].** *Сұғанақтыққа салынды, өңмеңдеді.* **Қасапшының пышағындай жалаңдады.** *Сұғанақтанды, өңмеңдеді; шаш ал десе, бас алды.*

**ҚАСАПШЫЛЫҚ** з а т. *Мал сойып са-тушылық.*

**ҚАСАР** з а т . *Кедей, жарлы.*

**ҚАСАР=** е т . **1.** *Алған бетінен қайтпау, айтқанға көнбеу, қарысу, қасарысу.* **2.** *Төзімділік таныту, шыдас беру, мықтылық көрсету.* **3.** *Өштесу, жауласу, кектену.* **4.** а у ы с . *Қартаю, шлгаю.* **5.** а у ы с . *Күннің қатты суытуы, аяздың күшеюі, дауылдың соғуы.*

**ҚАСАРҒЫШ** с ы н . *Қасарып отырып алатын, илікпейтін, бірбеткей; бетпақ.*

**ҚАСАРЛЫҚ=** е т . *Қасарысқандық, айтқанға көнбей, қарысқандық.*

**ҚАСАРМА** с ы н . *Қасарып қалған, қыңыр, ерегіскіш.*

**ҚАСАРМАЛЫҚ** з а т . *Қасарушылық, қарысып қалушылық.*

**ҚАСАРТ=** е т . *Қатайту, қатуландыру, ширату, ширықтыру.*

**ҚАСАРТУ** *Қасарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАРУ** *Қасар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАРЫС=** е т . **1.** *Айтқанға көнбеу, тіл алмау; қасару.* **2.** *Ерегісу, қарысу, тырысу.* **3.** а у ы с . *Өрши түсу, бірте-бірте күшею (табиғат құбылысы).*

**ҚАСАРЫСПА** с ы н . *Өз айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей, қайсар, қыңыр.*

**ҚАСАРЫСТЫР=** е т . *Ерегістіру, өштестіру, қырсықтыру.*

**ҚАСАРЫСТЫРУ** *Қасарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАРЫСУ** *Қасарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСАС** с ы н . ж е р г . *Қас, өш.*

**Қасас болды.** *Өштесті, қастасты.*

**ҚАСАСТАЙ: қасастай шыққан.** *Әбден кектеніп, өштескен жаудай.*

**ҚАСАСТЫҚ** з а т . *Қастық, зиянкестік.*

**Қасастық жасады**. *Дұшпандық қылды, жамандық істеді, зиянын тигізді.*

**ҚАСАТ**[1]: **қасат болды**. а) *Сауда табысты болды, күсет болды.* ә) *Зардап шекті, банкрот болды.*

**ҚАСАТ**[2]: **қасат қар**. *Ұзақ жатқан, қатып қалған қалың қар.*

**ҚАСБЕТ** з а т . с ә у л е т . <франц.facade> *Ғимараттың алдыңғы беті, фасад.*

**ҚАСД** з а т . е с к і к і т . **1.** *Мақсат, ниет, ой.* **2.** *Қастық, жаулық, дұшпандық.*

**ҚАСЕР** [ар. حاسر] з а т . *Қаріп-қасер қос сөзінің екінші сыңары; кембағал, ғаріп.*

**ҚАСЕР-ҒАРЫП** з а т . е с к і к і т . *Кемтар, қаріп, қаріп-қасер.*

**ҚАС-ЖҮЗ** з а т . *Кескін-келбет, бет-әлпет.*

**Қас-жүзі қара.** *Нағыз беті жоқ сойқан; ұрысқақ, бетпақ.*

**ҚАСИДА** [ар. قصيدة] з а т . е с к і к і т . *Түркі тілдес халықтар мен араб, парсы классикалық поэзиясында кеңінен тараған, өте көтеріңкі пафоспен жазылған діни мазмұндағы мақтау өлең, ода.*

**ҚАСИЕК** з а т . қ ұ р ы л . *Үйдің сыртындағы жоғарғы жиегіне қатарлап өрген күйген кірпіш.*

**ҚАСИЕТ**[1] [ар. خاصية] з а т . **1.** *Әрбір затқа, нәрсеге тән айырмашылық белгі, сапалық ерекшелік.* **2.** *Адам бойына Жаратушы өзі дарытқан айрықша қабілет, тылсым күш, кие, әулиелік, құпия сыр, құдірет.*

**Қасиет қонды**. *Бақыты асты, аруақ қонды.* **Қасиет қылды.** *Ардақ тұтты, қастерледі.* **Қасиеттерін ардақтады.** *Бағалады, қадірледі, сыйлады.* **Қасиет тұтты**. *Ардақтады,қадірлеп-қастерледі.* **Қасиеті жойылды [кетті, алыстады].** *Қадірі кетті, азғындады, азды, нашарлады.* **Қасиетін білді [ұғынды, сезді, түсінді].** *Құдіретін сезінді, қадірін түсінді.* **Қасиетін төгу.** *Қадірін кетіру, ар-ұяттан айыру, беделін түсіру.* **Қасиеті танылды.** *Сыры ашылды, құпиясы мәлім болды.*

**ҚАСИЕТСІЗ** с ы н . **1.** *Сүйкімсіз, жексұрын.* **2.** *Сұмдық, жан шошытарлық.*

**ҚАСИЕТСІЗДІК** з а т . ж а ғ ы м с ы з . *Оңбағандық, жексұрындық.*

**ҚАСИЕТТЕ=** е т . *Құрметтеу, ардақтау; қастерлеу.*

**ҚАСИЕТТЕЛ=** е т . *Ардақталу, құрметтелу, бағалану.*

**ҚАСИЕТТЕЛУ** *Қасиеттел етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСИЕТТЕУ** *Қасиетте етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСИЕТТІ**[1] с ы н . **1.** *Қастерлі, ардақты, аса құнды.* **2.** *Әулиелі, киелі, аруақты.* **3.** *Құдіретті, киелі.* **4.** *Құтты, айрықша қадірлі.* // Тылсым, *құпия, жұмбақ.* **5.** *Беделді, абыройлы, кісілігі мықты, адамгершілігі зор.* **6.** *Берекелі, ырысты.*

**Қасиетті жер.** а) *Жер шары, күллі тіршілік иесінің құтты мекені, ғаламшар.* ә) д і н и . *Әулиелер мен ғұлама діндарлар мекен еткен өңір.* **Қасиетті қара шаңырақ.** э т н . *Бірнеше ұрпақ өсіп-өнген, қуаныш пен шаттыққа толы, береке дарыған үй, отбасы.* **Қасиетті мекен [өлке, өңір]** *Туған өлке, кіндік кескен жер.*

**ҚАСИЕТТІЛІК** з а т . *Өзіне тән ерекшелігі, қасиеті барлық.*

**ҚАСИС** с ы н . е с к і к і т . **1.** *Арамза, арамниетті, пиғылы жаман.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Оңбаған, жауыз.*

**ҚАСКЕР** з а т . э к о л . <франц. braconnier> *Заңсыз жолмен, тыйым салынған жерлерде, мезгілсіз мерзімде, қолдануға рұқсат жоқ әдістермен аң мен балық аулаған және орман-тоғайларда ағаш қырқумен айналысқан адам.*

**ҚАСКЕРЛІК** з а т . э к о л . *Аң аулау, балық аулау ережесін және жануарлар әлемін қорғау туралы заңның талаптарын бұзып, жабайы жануарларды аулау немесе жою.*

**ҚАСКӨЙ** с ы н . *Қаскүнем, зиянкес.*

**ҚАСКӨЙЛЕН=** е т . *Жамандыққа бой ұру, біреуге зиянын тигізуге тырысу, қастық ойлау.*

**ҚАСКӨЙЛЕНУ** *Қаскөйлен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСКӨЙЛІК** з а т . *Зиянкестік, қаскүнемдік.*

**ҚАСКҮНЕМ** сы н. *Қаранилетті дұшпан, зиянкес.*

**ҚАСКҮНЕМДЕН=** е т . *Жамандық жасауға құштарлану, кісіге залалын тигізуге бейім болу.*

**ҚАСКҮНЕМДЕНУ** *Қаскүнемден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСКҮНЕМДІК** з а т . *Адам бойындағы жағымсыз қылық, теріс іс-әрекет, зұлымдық, жауыздық, зиянкестік.*

**ҚАСҚА** с ы н . **1.** *Малдың негізгі түсінен басқа маңдайында болатын дақ, жолақ.* **2.** а у ы с . *Сорлы, бейшара, байғұс.* **3.** ж е р г . *Мықты, алғыр, өткір.*

**Қасқа айғырдың баласы**. *Текті, көргенді, сүйегі асыл.* **Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады**. *Жақсыдан дәл өзіндей жақсы болмаса да, соған жақын, жетеғабыл асыл туады деген мағынада.* **Қасқа бас**. а) *Маңдайында қасқасы бар, асыл тұқымды жылқы, тұлпар.* ә) *Төбе шашы жоқ, жалтыр бас.* **Қасқа батыр.** *Елдің арқа сүйер азаматы, батыры.* **Қасқа бие.** *Маңдайында ұзынша келген ақ түсті жолағы бар бие.* **Қасқа жол**. а) *Тауды, белді тік асатын жол.* ә) *Алға қойған айқын мақсат, ұстаған бағыт.* **Қасқа Құдай.** *Қатты күйзелгенде, ашу-ыза кернегенде айтылатын кейіс сөз.* **Қасқа маңдай.** б е й н . *Ақылды, данышпан, кемеңгер.* **Қасқа мен жайсаң.** *Мырза мен төрелер, атақты дәкейлер, ығай мен сығай.* **Қасқа таң.** б е й н . *Жаңа атып келе жатқан таң; таң бозы.* **Қасқа тіс.** а н а т . *Адамның, малдың алдыңғы төрт тісі; күрек тіс.*

**ҚАСҚА**[2] з а т . б и о л . *Түйенің бес жасқа келгенде шығатын тісі.*

**ҚАСҚА**[3] з а т . к ә с . ж е р г . *Ұшырған бидайдың жел жағындағы тазасы.*

**ҚАС-ҚАБАҚ** з а т . **1.** *Қас пен қабақ.* **2.** а у ы с . *Көңіл күй, ішкі сезім.*

**Қас-қабағы ашылмады.** *Көңілі жадырамады, қуанбады, үнемі уайымдаумен жүрді.* **Қас-қабағы қиылды [керілді]**. *Кербездене қарады.* **Қас-қабағымен жетеледі.** *Ойын көзқарасы арқылы білдірді, ыммен жеткізді.* **Қас-қабағына қарады.** *Райын бақты, көңілін аулады, ыңғайына көшті.* **Қас-қабағын аңдыды.** *Көңілін аулады, көңілін табуға тырысты.* **Қас-қабағынан таныды**. *Жүзінен ұқты; көз тастауынан сезе қойды, сөзсіз түсінді.* **Қас-қабағын бақты.** *Көңіліне қарады, ойындағысын табуға тырысты.* **Қас-қабағын қайтарды.** *Меселін қайтарды, бетінен қақты, көңілін жықты.* **Қас-қабағы түйілді.** *Ренжіді, ашуланды, қапаланды.*

**ҚАСҚАЙ=** е т . *Қаймықпай тура қарау, тайсалмау, қорықпау.*

**Қасқайып қарады.** *Тайсалмай, тік қарады.* **Қасқайып тұрды [жүрді].** *Денесін тік ұстап, батыл қадамдады, нық тұрды.*

**ҚАСҚАЙТ=** е т . *Тура көздеу, дәлдеу.*

**ҚАСҚАЙТУ** *Қасқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСҚАЛАҚ** з а т . э т н . ж е р г . *Қаптың кішкентай түрі.*

**ҚАСҚАЛАУ** с ы н . *Қасқа келген, қасқалана бастаған.*

**ҚАСҚАЛДАҚ**[1] з а т . **1.** з о о л . <лат. fulica atra> *Тырна тәрізділер отрядының сутартарлар тұқымдасына жататын маңдайы ақ, көгілдір қара түсті құс.* **2.** а у ы с . *Қамқоршы, жанашыр, қорушы.*

**Қасқалдақтың қанындай**. *Бағалы, қымбат; тапшы.*

**ҚАСҚАЛДАҚ**[2] з а т . ж е р г. *Қойдың төсі мен сыртқы терісінің арасындағы ет араласқан майы.*

**ҚАСҚАЛДАҚТЫ** с ы н . *Жағасында қасқалдағы көп, қасқалдағы бар.*

**ҚАСҚАН** з а т . ж е р г . *Манты пісіретін арнаулы ыдыс.*

**ҚАСҚАР**[1] з а т . э т н . ж е р г . *Үлкен құман.*

**ҚАСҚАР**[2]**=** е т . *Алған бағытынан қайтпау, қасарысу.*

**ҚАСҚАРУ** *Қасқар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСҚАРША** з а т . э т н . ж е р г . *Мойны ұзын жез құман.*

**ҚАСҚАТІС** з а т . ж е р г . *Бес жастағы түйе, бесті түйе.*

**ҚАСҚАЮ** *Қасқай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСҚИ=** е т . **1.** *Қаймықпай қарсы келу, тайсалмай қасқаю.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Біржақты болу, қыңырлану.* **3.** а у ы с . *Анық, айқын көріну; сайрап жату.*

**Қасқиып қарады.** *Тайсалмай тік қарады, кірпік қақпай, сенімді кейіп танытты.* **Қасқиып [қасқия] тұрды [отырды].** а) *Қаймықпағандығын, тайсалмағандығын немесе рухтанып, қанаттанғандығын көрсету үшін денесін тік ұстап, басын көтеріп тұрды.* ә) *Безеріп, қасарысты, еш тайынбады.* б) б е й н . *Тік жартас пен тау алыстан көзге түсіп, биік болып көрініп тұрды.* **Қасқиып ұшты.** *Тік ұшты, көкке өрледі.*

**ҚАСҚИТ=** е т . *Қаймықпау, ықпау, тікесінен салу.*

**ҚАСҚИТУ** *Қасқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСҚИЮ** *Қасқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСҚОЙ** с ы н . *Дұшпандық ойлаушы, өш, теріс пиғылды.*

**ҚАСҚОЙЛЫҚ** з а т . *Біреуге жамандық ойлаушылық, қаскүнемдік, қасақылық.*

**ҚАСҚҰЛАҚ** з а т . э т н . *Қазақтың ұлттық ойыны.*

**ҚАСҚЫР** з а т . **1.** *Итке ұқсас, далалы, орманды жерлерді мекендейтін, малға түссе, алқымынан алып қырып кететін, бағалы терісі үшін ауланатын жыртқыш аң.* **2.** з о о л . <лат. canis lupus> *Ит тұқымдас сүтқоректілер отрядына жататын жыртқыш аң.* **3.** б е й н . *Жалмауыз, озбыр, ашкөз адам.* **4.** б е й н . *Қатыгез қанішер қанаушы адам, тап, топ, т.б.* **5.** а у ы с . ж а ғ ы м д ы . *Өжет, батыл, пысық адам.* **6.** а у ы с . *Озбыр, ашкөз, қанішер.*

**Қасқыр алды.** *Қыран бүркіт немесе тазы қасқырды аулады.* **Қасқыр беттік.** *Қаталдық, қатыгездік.* **Қасқыр бөрік.** э т н . *Қасқырдың терісінен істелген баскиім.* **Қасқырдың артқы сирағындай жек көрді.** ж е р г . *Сұқаны сүймеді, ұнатпады, жаратпады.* **Қасқырдың жүрегін берді**. *Қаймықпайтын батыл, қайтпас қайсар, өрмінез етіп жаратты.* **Қасқыр жүрек.** *Батыл,*

*қаймықпайтын жаужүрек.* **Қасқыр көрпе**. этн. *Қасқырдың терісінен жасалған төсеніш көрпе.* **Қасқыр қабақ**. *Түксиген, қалың қабақ.* **Қасқыр қамаған қойдай.** бейн. *Қатты үрейленіп, иманы ұшып, үркіп-шошып, дүрлігіп.* **Қасқыр қапты**. *Қасқыр тістеп алды, жұлды.* **Қасқыр қырды.** *Қасқыр малға шауып, бауыздап, шетінен өлтірді.* **Қасқыр соқты.** *Қасқыр, түлкі ұрып алды.* **Қасқыр сырттық**. көс. егіншар. *Қылтанағы қою бидай.* **Қасқыр тартқан қойдай.** *Үсті-басы қан-жоса.* **Қасқыр тартты**. *Қасқыр талап кетті, тістеп жаралады.* **Қасқыр тиген [тартқан, шапқан] қойдай болды.** а) *Қырып салды, жайпады.* ә) *Тоз-тозын шығарып, быт-шыт қылды.* б) *Үркіп, қашып-пысты, үрейленді.* **Қасқыр тиді.** *Қасқыр малға маза бермей, қайта-қайта шапты.* **Қасқыр тон.** этн. *Қасқыр терісінің тері жағын беттестіріп тіккен, өте жылы болатын тон.* **Қасқыр тұқымдасы.** зоол. <лат. canidae> *Ит тұқымдасы сүтқоректі жануарлардың жыртқыштар отрядының бір тұқымдасы.* **Қасқыр тымақ**. этн. *Қасқыр терісінен тігілген баскиім.* **Қасқыр шапты.** *Қойға (малға) қасқыр шабуыл жасады.* **Қасқыр ішік**. этн. *Қасқыр терісінен тігілген, жылы сырткиім.*

**ҚАСҚЫРАУЫЗ** зат. жерг. *Үлкен, мықты қысқаш.*

**ҚАСҚЫРДАЙ** сын. *Қасқыр сияқты, қасқыр тәрізді.*

**Қасқырдай анталады.** *Жапа тармағай, ашқарақтана ұмтылды.* **Қасқырдай талады.** *Ешбір аяушылық көрсетпеді; талан-таражға салды.*

**ҚАСҚЫРЖЕМ** зат. өс. <лат. asparagus> *Лалагүлдер тұқымдасына жататын қосүйлі, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАСҚЫРЖИДЕК** зат. өс. <лат. daphne> *Жапырақтары ұзынша, қандауыр тәрізді, кезектесіп орналасқан көкендер тұқымдасына жататын бұта.*

**ҚАСҚЫРЖОРТАҚ** зат. этн. *Қанша жүріске салса да, бағыт алған жеріне жетіп болмайтын итжүріс.*

**ҚАСҚЫРЖҮРЕКТІ** сын. *Батыл, өрмінезді, жаужүректі.*

**ҚАСҚЫРИТ** зат. зоол. *Ит тұқымдасына жататын қолға үйретілген жануардың қасқырға ұқсас құлағы тікірейіп тұратын түрі.*

**ҚАСҚЫРИТТЕЙ** сын. *Қасқырит сияқты, қасқырит тәрізді.*

**ҚАСҚЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Қасқырға тән әрекет, жыртқыштық.* **2.** ауыс. *Жауыздық, арамниеттілік.* **3.** ауыс. жағымды. *Өжеттік, батылдық, өткірлік.*

**ҚАСҚЫРТАҢДАЙ** зат. мед. *Іште жатқан ұрықтың даму кезеңінде жоғарғы жақ сүйектері мен таңдай сүйегінің бірікпеуінен пайда болатын кемістік.*

**ҚАСҚЫРША** үст. **1.** *Қасқыр тәрізденіп, қасқырға ұқсап.* **2.** ауыс. *Ашкөзденіп, қанағат етпестен.*

**Қасқырша бас салды [ұмтылды].** *Қомағайлана лап қойды.* **Қасқырша талады.** *Талан-таражға салды, жабайы түрде тонады.*

**ҚАСҚЫРШОҚАҚ** зат. этн. *Өнбейтін, шоқақтаған, шорқақ жүріс.*

**ҚАСПАҚ** зат. **1.** этн. *Сүт пісіргенде ыдыс түбіне жабысып қалатын сүттің қағы.* **2.** ауыс. *Кір-кір, салтақ-салтақ.*

**ҚАСПАҚТАН=** ет. *Сатпақтанып, қақтанып айғыздану.*

**ҚАСПАҚТАНУ** *Қаспақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСПЫРАН** зат. ескікіт. миф. *Дуа, дұға.*

**ҚАССАҚ** зат. этн. тар. көне. *Қазақтың арғы тегінің атауы.*

**ҚАССЫЗ** сын. *Қасы жоқ, қас шықпаған.*

**ҚАСТ** ир. зат. ескікіт. **1.** *Мақсат, ниет, ой.* **2.** *Қастық, өштік, дұшпандық.*

**ҚАСТА[1]** зат. жерг. *Ауру, сырқат.*

**ҚАСТА[2]** зат. көне. **1.** *Қастық, қастандық; залал, зиян.* **2.** *Қаскөй, жауыз, тойымсыз адам.*

**ҚАСТА[3]=** ет. жерг. *Тікелей арнау, бағыттау.*

**ҚАСТА[4]=** ет. *Қарсыласу, жауласу, соғысу.*

**ҚАСТАЛЫ** сын. *Дертті, сырқатты.*

**ҚАСТАН[1]** зат. *Қас-дұшпан, жау, өш.*

**Қастан қылды**. *Зиянкестік жасады, қаскүнемдік қылды.* **Қастан шықпағыр!** қарғ. *Жолың болмағыр, қарғыс тигір!*

**ҚАСТАН[2]=** ет. *Қас болу, жауласу.*

**ҚАСТАНДЫ** сын. *Қаскүнем, арам, зиянкес.*

**ҚАСТАНДЫҚ** зат. *Зиянкестік, қаскүнемдік, жауыздық әрекет.*

**Қастандық жасады.** а) *Зиянкестік істеді, қаскүнемдік қылды.* ә) *Өміріне қауіп төндірді.*

**ҚАСТАНУ** *Қастан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТАС=** ет. *Қас болу, өштесу, өшігу.*

**ҚАСТАСТЫР=** ет. *Жауластыру, өшіктіру, екі жақты бір-біріне айдап салу.*

**ҚАСТАСТЫРУ** *Қастастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТАСУ** *Қастас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТАУ** *Қаста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТАУЫШ[1]** зат. бот. *Түрлі өсімдіктерді, астық тұқымдарын зияндайтын саңырауқұлақ.*

**Қастауыш саңырауқұлақтар**. зоол. <лат. claviceps purpurea> *Күздік бидайдың және көптеген жабайы дәнді өсімдіктердің паразиті, аскамикота бөлімінің туысы.*

**ҚАСТАУЫШ[2]** зат. **1.** өс. *Тары немесе басқа да егін арасында сирек кездесетін арамшөп.* **2.** парфюм. *Сол өсімдіктен жасалатын әйелдің бет сәні үшін қолданылатын зат.*

**ҚАСТАУЫШ[3]** зат. көс. жерг. *Егіннің шіріген дәні.*

**ҚАСТАУЫШТА=** ет. көс. *Егін дәнінің қарайып кетуі.*

**ҚАСТАУЫШТАН=** ет. көс. жерг. *Егін дәнінің қарайып кетуі.*

**ҚАСТАУЫШТАНУ** *Қастауыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТАУЫШТАУ** *Қастауышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТЕ** сын. жерг. ***Қаста*** *(қисық, қыңыр).*

**ҚАСТЕР[1]** зат. кітаб. *Қадір-қасиет, құрмет.*

**Қастер тұтты**. *Ардақтап, құрметтеді, қадірледі.*

**ҚАСТЕР[2]**: **қастерін тікті**. а) *Қаһарын тікті, ашуланды.* ә) *Өшікті, қастық ойлады.*

**ҚАСТЕРЛЕ=** ет. **1.** *Құрмет тұту, қадірлеу, ардақтау.* **2.** *Ерекше сый-құрмет көрсету, ықылас таныту.* **3.** *Табыну, пір тұту, бас ұру, мойынсыну.* **4.** *Аялау, күтіп ұстау.*

**ҚАСТЕРЛЕН[1]=** ет. *Құрметтелу, ардақталу, айрықша насихатталу.*

**ҚАСТЕРЛЕН[2]=** ет. жерг. *Қаһарлану, ашулану.*

**ҚАСТЕРЛЕНУ** *Қастерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТЕРЛЕУ** *Қастерле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСТЕРЛЕУШІ** зат. *Қадірлеп, құрмет тұтушы, бағалаушы.*

**ҚАСТЕРЛІ** сын. *Ардақты, қадірлі, қасиетті.*

**ҚАСТЫ[1]** сын. *Қалың қасы бар.*

**ҚАСТЫ[2]** сын. этн. зерг. *Асыл тас орнатылған (әшекей, зергерлік бұйым).*

**Қасты білезік**. зерг. а) *Бірнеше жерден түсті тастан салынған көзі бар білезік.* ә) *Асыл тастан көзі жоқ, бірақ күмбезден, сіркелеп соққан күміс білезік.* **Қасты жүзік.** зерг. *Көзді жүзік, асыл тастары бар қомақты жүзік.*

**ҚАСТЫ** сын. сөйл. ***Қас.***

**Қасты болды.** сөйл. *Қас болды, өштесті.*

**ҚАСТЫҚ** зат. **1.** *Өштік, дұшпандық, жаулық.* **2.** *Қатыгездік, тасжүректік.* **3.** *Жауласушылық, қарсыласушылық.*

**Қастығы бар ма?** *Жамандық ойлайтындай себеп те, қисын да жоқ.* **Қастығы жоқ.** *Зиянсыз, жамандығы жоқ.* **Қастық әкелді.** *Зиян келтірді, шығынға ұшыратты.* **Қастық етті.** а) *Дұшпандық жасады, жамандық істеді.* ә) *Зиян келтірді, залал тигізді.* **Қастық келтірді.** *Зақым келтірді, залалын тигізді.* **Қастыққа ұрынды.** *Бәлеге жолықты, қиындыққа душар болды; басы пәлеге қалды, дауға кезікті.* **Қастық қашты**. *Өшпенділік жойылды.* **Қастық қылды [жасады].** *Дұшпандық етті, зиянкестік жасады.* **Қастық ойлады**. *Зиянкестік жасады, қаскүнемдік қылды, біреуді орға жықты.* **Қастықты білмеді.** *Жамандық ойламады.* **Қастық үын шашты**. бейн. *Қастық жасады, оңдырмады, дұшпандық қылды, аямады.*

**ҚАСУ** *Қасы етістігінің қимыл атауы; тырнау, осқылау.*

**ҚАСҰР** сын. ескікіт. *Кемеліне жетпеген, орынсыз, ұнамсыз.*

**ҚАСША** үст. *Қас адамша, қас адамға ұқсап.*

**ҚАСЫ[1]** зат. сөйл. этн. ***Қас*** *(ердің қапталға бекітілген алды мен артқы жағы).*

**ҚАСЫ[2]** зат. этн. зерг. *Бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданылатын түрлі түсті тастар.*

**ҚАСЫ[3]** көм. есім. *Жаны, маңы, тұсы.*

**Қасына барды [отырды, келді].** *Жақындады, жуықтады.* **Қасына ерді.** *Бірге кетті, ілесті.* **Қасына келмеді**. *Ұмытты, еске алмады, ескеріп іздемеді.* **Қасынан кетті**. *Соңынан ермей, тастап, тарап кетті.* **Қасынан көрік қашты.** *Қартайды, бет-аузын әжім басты.* **Қасынан қалмады [тастамады, кетпеді].** *Үнемі бірге жүрді, жұбын жазбады, ажырамады.* **Қасынан өтті.** *Тоқтамады, жанына келіп кідірмеді.* **Қасына оқ жауғандай [болды].** *Қатты шошынды; зәресі ұшты.* **Қасында жүрді.** а) *Жанынан кетпеді, жалғыз қалдырмады.* ә) *Қолдау көрсетті, қуаттады, желеп-жебеді.*

**ҚАСЫ[1]=** ет. *Дененің қышыған жеріне тырнағын батыра тырналау.*

**ҚАСЫ-КӨЗІ** зат. *Бет-әлпеті, жүз-келбеті.*

**Қасы-көзі қиылған.** *Бет-пішіні келіскен, әдемі (қыз туралы).* **Қасы-көзін төңкерді.** *Бет-әлпетін құбылтты, қылмың қақты.*

**ҚАСЫҚ** зат. *Тамақ ішуге арналып алтын, күміс, қалайы сияқты металдар мен ағаштан жасалған, жіңішке сапты бұйым.*

**Қасық дүре**. көне. *Қасықпен соғып жазалау.* **Қасық қан мен шыбын жан.** *Соңғы күші, ақырғы демі, әл-дәрмені сарқылдаған күй.* **Қасық қаны қалғанша**. *Ақырғы демі біткенше, кеудеден жан шыққанша, көз жұмғанша.* **Қасық қаны қалғанша шайқасты.** *Бар күшін салып соғысты, жанын пида етті, аянбады.* **Қасық қанын қиды**. *Жанын алып қалуды сұрады, бассауға сұрады, өлімнен құтқарып қалуын өтінді.*

**ҚАСЫҚТАЙ** сын. **1.** *Қасық сияқты, қасық тәрізді.* **2.** *Бір қасық шамасында, азғана.* **3.** ауыс. *Жып-жинақы, тап-түйнақтай, ұқыпты.*

**Қасықтай қанын қиды.** *Өлтірмеді, тірі қалдырды, жанын қиды.* **Қасықтай қар, тобықтай тоң**. *Көктем келіп, күннің жылынуы, мамыражай күй; қара күзде алғашқы қар түсіп, тоңның қатуы, жанын алғашқы күн суытқан шақ.* **Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмады [түсті].** *Қыс белгісінен дәнеңе қалмады деген мағынада.*

**ҚАСЫҚТАП** үст. *Қасықпен алып аз-аздан; шамалап, мөлшерлеп.*

**Қасықтап жиғанын шөміштеп төкті [шашты].** *Көп еңбектеніп тырбаңдап жиғанды көл-көсір етіп бір сәтте, тез құртты.* **Қасықтап жиды**. *Аз-аздан тырбанып жиды.*

**ҚАСЫҚҰСТАТАР** зат. этн. жерг. ***Майқұяр***.

**ҚАСЫҚША** зат. техн. *Қасық тәрізді тетік.*

**ҚАСЫЛ[1]** [ар. عاصى] зат. ескікіт. *Астамдық, күпірлік, кесірлік.*

**ҚАСЫЛ[2]=** ет. *Қышыған жердің тырналуы.*

**ҚАСЫЛАН=** ет. этн. зерг. *Зергерлік бұйымдарды әшекейлеуге керекті түрлі түсті тастардың салынуы.*

**Қасыланған білезік.** этн. зерг. *Асыл тастармен апталған білезік.* **Қасыланған сақина.** этн. зерг. *Асыл тас орнатылған сақина.*

**ҚАСЫЛУ** *Қасыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫЛЫҚ** зат. ескі кіт. *Астамшылық, күпіршілік, кесапаттық, кесірлік.*

**ҚАСЫМ**: **Қасым жомарт.** этн. *Байырғы қисса- дастанда айтылатын қолы ашық, асқан мырза адам [Қасым қолындағы байлығын сұраған жанға іркілмей, молынан беретін, дүниенің бетіне қарамайтын мырза адам болған. Қазақ халқында Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық десе, Қасым жомарттың мырзалығын дүние жомарт деп бағалаған, бөліп айтқан].* **Қасым ханның қасқа жолы.** тар. көне. *Қазақ тарихында болған елді әділ билеп, халық тұрмысын, тіршілігін жақсартып, жоғары деңгейге көтерілуіне жағдай жасаған, халықтың іргесін мықтап, ел арасындағы тәртіп пен заңды күшейткен, өте беделді хан болған Қасым ханның бекіткен заңдары мен қағидалары, жөн-жораға айналған ережелер.*

**ҚАСЫН=** ет. 1. *Тырнағымен осқылау, тырнау.* 2. ауыс. *Тыныш жүрмей, бәлеге ұрыну, соқтығу.*

**ҚАСЫНДА** үст. *Салыстырғанда, қатар қойып қарағанда.*

**ҚАСЫНДАҒЫ** сын. *Бірге жүрген; жанындағы.*

**ҚАСЫНДЫҚ**: **отбасы, ошақ қасындық**. *Күнбе-күнгі, күнделікті тіршілікпен шектеліп қалғандық.*

**ҚАСЫНДЫР**=ет. 1. *Қасынту, тырнату, тырнағымен осқылату.* 2. ауыс. *Тыныш жүргізбеу, соқтықтыру.*

**ҚАСЫНДЫРУ** *Қасындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫНТ=** ет. *Қасындыру, тырнату, тырнағымен осқылату.* 2. ауыс. *Тиістіру, тыныш жүргізбеу.*

**ҚАСЫНТУ** *Қасынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫНУ** *Қасын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫНЫС=** ет. *Бірін-бірі тырнау, қасысу.*

**ҚАСЫНЫСУ** *Қасыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫП** зат. сөйл. ***Кәсіп.***

**ҚАСЫРЫНДЫ** сын. жерг. *Кесірлі, қырсықты.*

**ҚАСЫТ=** ет. *Осқылату, тырнату, тырнағын батыра осқылауға мәжбүрлеу.*

**ҚАСЫТҚЫЗ=** ет. 1. *Тырнатқызу, тырнағымен осқылатқызу.* 2. ауыс. *Айтақтатқызу, тиістіру.*

**ҚАСЫТҚЫЗУ** *Қасытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСЫТУ** *Қасыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСІРЕТ** [ар. حسرة] зат. 1. *Басқа түскен уайым, қайғы, ішкі жан күйзелісі.* 2. *Бақытсыздық, сәтсіздік.* 3. филос. *Басқалар үшін болған жан азабы, жақынының күнәсі үшін көрген ішкі күйзеліс, өзгенің ауыртпашылығын өзінікіндей сезінуден туған қайғы.*

**Қасірет белдеуі.** тар. саяси. *XVIII ғасырдың 50-жылдары Тобыл мен Ертіс өзендерінің аралығында салынған Ресейдің әскери бекіністері.* **Қасірет екен.** *Қайғының ауыр салмағын сезіну, о дүниелік болған адамды жоқтау, аңсау мағынасында ішкі күйзеліс, ауыр халді сипаттайтын сөзқолданыс.* **Қасірет етті**. *Қайғыланды, азап тартты, уайымға түсті.* **Қасірет жанына батты**. *Жүрегін қайғы торлап, азаптады.* **Қасірет жастанды.** *Қатты күйінді, уайымға салынды.* **Қасірет жоқ, қайғы жоқ**. поэт. *Еш нәрсемен уайымы жоқ, бас қатырып, азаптанып жанын салатын маңызды-мәнді іс жоқ, қиын-қыстаулы жолмен жететін асқақ мақсат жоқ.* **Қасірет жұтып, қайғы қақырды.** *Қайғы-қасірет шекті, ауыр қайғыға душар болды.* **Қасіретке кезікті.** *Уайымға түсті, қайғылы жағдайға тап болды, бақытсыздыққа ұшырады.* **Қасірет келді.** *Басына қайғы түсті, ауыртпалыққа кез болды.* **Қасірет қысты.** *Азап жанын жеді, қиналды.* **Қасірет от [оты].** поэт. *Жан азабы, жанға қатты батқан қайғы, күйініш.* **Қасірет пен күйік жастанды.** *Қайғырды, мұңға батты.* **Қасіретпен қан құсты [жұтты].** *Ауыр қайғыдан езіліп, дүниеден баз кешті, өмірден түңілді.* **Қасірет тартты**. *Қатты қайғыланды, азап көрді.* **Қасіреттен арылды.** *Уайымы сейіліп, жаны жадырады.* **Қасірет уын татты.** *Азап шекті, қиындық көрді, қатты уайымдады.* **Қасірет үстіне қасірет жамалды**. *Қайғысы ұлғайып, азабы көбейді, уайымы арта түсті.* **Қасірет шекті.** *Қайғырып қан жұтты, ой ойлап жүдеп-жадады.* **Қасірет шерін төкті.** *Қайғырды, қасірет тартты, қайғы шекті.* **Қасірет шықты**. *Шері тарқады, іштегі уайым, күйзелісі жеңілдеді.* **Қасіретіне ем тапты.** *Дертіне дауа тапты, айықты, күйзеліс-қайғыдан айырды.* **Қасіретіне ортақ болды.** *Қайғысына ортақтасты, қолдау көрсетті, демеу болды, ауыртпалығын бөлісті.* **Қасіретін жеткізді.** *Қайғы-құсасын ақтарды, мұңын шақты.* **Қасіретін көтеру.** *Қиындығына төзу, азабын шегу, ауыртпалығына, бейнетіне көндігу.* **Қасіретін шығара алмады.** а) *Мұң-шерден арылмады, қайғысы азаймады.* ә) *Қасірет-қайғысы туралы ешкімге айта алмады, іштен тынды, қиналғанын көрсете алмады.*

**ҚАСІРЕТ-ҚАЙҒЫ** зат. *Уайым, ауыртпалық, тағдыр тәлкегі.*

**Қасірет-қайғы түсті**. *Басына іс түсті, уайымдады, азап шекті.*

**ҚАСІРЕТ-ҚАУІП** зат. *Қатер-залал, қайғы, кесір-кесапат.*

**ҚАСІРЕТ-МҰҢ** зат. *Уайым-қайғы, ішкі күйзеліс, азап.*

**ҚАСІРЕТСІЗ** сын. *Қайғысыз, мұңсыз.*

**ҚАСІРЕТТЕН=** ет. *Қатты қапалану, қайғыру, құсалану, азаптану, ішқұсалану.*

**ҚАСІРЕТТЕНУ** *Қасіреттен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАСІРЕТТІ** сын. *Қайғылы, мұңды, азапты.*

**Қасіретті сәт соқты.** *Өлім сағаты келіп жетті, ажалы жетті.*

**ҚАТ**[1] зат. 1. *Қабат, қатпар.* 2. жерг. *Бөлме, бөлек.*

**ҚАТ**[2] сын. *Мұқтаж, зәру, тапшы.*

**Қат болды**. а) *Жетіспеді, тапшы болды.* ә) *Мұқтаж болды, зәру болды.* **Қат қылды.** *Зәру етті, тапшы болды, мұқтаж қылды.*

**ҚАТ**[1]**=** ет. 1. *Температураның төмендеуінен сұйық заттың тоңазып мұзға айналуы.* 2. *Қатты суықтан тоңу, мұздау.*

**ҚАТ**[2]**=** ет. 1. *Кебірсу, кебу, құрғап қалу.* 2. *Қатаю, қатты күйге түсу.* 3. ауыс. *Бірқалыптан шықпау, өзгермеу, қозғалмау.*

**Қата қалғыр!** қарғ. *Сеспей қатқыр, өлім келгір!* **Қатқан қара**. *Арық, жұқа, тарамыс.* **Қатқан тұяқ**. *Төлдің жем-шөпке әбден үйренген кезі.* **Қатып кетті**. а) *Өсіп-жетілу мерзімінен асты, уақыты озды.* ә) сөйл. экспр. *Дұрыс болды, жақсы болды.* б) сөйл. экспр. *Жараса кетті, құйып қойғандай дәл болды.* **Қатып қалған.** а) *Қатал, қатыгез, мейірімсіз.* ә) *Жансызданған, өлген.* **Қатып қалды.** а) *Сіресіп қимылсыз қалды; икемге келмеді.* ә) *Аштықтан, аурудан жүдеп-жадады, ет алмады, толмады.* б) *Таңғалғаннан, қорыққаннан, шошығаннан т.б. сезімдердің әсерінен қимылсыз тұрып қалды, мелшиді.* **Қатып қалу.** спорт. *3 секундтан кем емес уақыт ішінде жаттығу жасаушы гимнастың тоқтап, денесін бір қалыпта ұстап тұруы.*

**ҚАТ**[3]**=** ет. 1. *Сұйық тағамға сүт, айран, май қосып араластыру.* 2. *Ұсақ, ұнтақ немесе сұйық затты қосып араластыру.*

**ҚАТ**[4]**=** ет. *Жарау, бабына келу.*

**ҚАТ**[5]: **жауап қатты.** *Тіл қатты, жауап берді.*

**ҚАТ**[6]: **түн қатты**. *Түнімен жүрді, түнделетті.*

**ҚАТА**[1] зат. вет. <лат. abturacio intestinorum> *Жемге, шөпке топырақ араласқаннан болатын малдың ішек ауруы.*

**ҚАТА**[2] зат. сөйл. ***Қате.***

**Қата қылу**. сөйл. ***Қате қылу*** *(қате істеу, қалыптасқан жөнінен басқаша істеу).* **Қатасын мойнына алды.** сөйл. ***Қатесін мойындады*** *(қатесін түсінді).* **Қата тиді**. сөйл. *Таяқтың, соққының жанды жерге тиіп, өмірге қауіп төндіруі.*

**ҚАТАЙ=** ет. 1. *Жұмсақ күйден қатты қалыпқа көшу.* 2. ауыс. *Өсіп жетілу, ширау.* 3. ауыс. *Үдей түсу, күшею.* 4. ауыс. *Ызғарланып беки түсу, түсін суытып қайраттану.* 5. ауыс. *Қаһарлана түсу, қатаңдалу.* 6. ауыс. *Көбею, асқына түсу.*

**ҚАТАЙЛАН=** ет. сөйл. *Қатқылдану, зораю.*

**ҚАТАЙЛАНУ=** ет. сөйл. жерг. ***Қатулану.***

**ҚАТАЙТ=** ет. 1. *Босаған тетіктерді бұрап, арқан-жіпті қаттырақ қысып бекіту.* 2. ауыс. *Қатты қыла түсу, қаталдандыру.*

**ҚАТАЙТҚЫШ** зат. хим. *Қатайтатын, қатты қалыпқа түсіретін агенттер.*

**ҚАТАЙТУ** *Қатайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЙТЫЛ=** ет. 1. *Босаған нәрселері бекітіліп, ширықтырылу.* 2. ауыс. *Қатал тәртіпке келтірілу, қатаңдатылу.*

**ҚАТАЙТЫЛУ** *Қатайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Қатайта түсу, күшейтіңкіреу.*

**ҚАТАЙТЫҢҚЫРАУ** *Қатайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЙЫҢҚЫРА**= ет. 1. *Босаған тетіктердің бекітіле түсуі, қатая түсуі.* 2. ауыс. *Адамның ширай түсуі, қаталдана түсуі.*

**ҚАТАЙЫҢҚЫРАУ** *Қатайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЛ** сын. 1. *Талап қойғыш, талабының орындалуын қатты қадағалағыш, ешбір ағаттық, шалыс басушылыққа жол бермейтін талапшыл.* 2. *Өр мінез, бірбеткей, алған бетінен қайтпайтын.* 3. *Қатыгез, рақымсыз.* 4. *Өзгертуге ешкімнің құдіреті жетпейтін, мызғымас, бұлжымас (заң, салт).* 5. *Қатты, жайсыз, қолайсыз (табиғат). // Мүлтіксіз, бұлжытпай.* 6. *Аса жауапты, тым қиын да күрделі.*

**Қатал болды.** *Аяушылық жасамады; қаһары қатты болды.* **Қатал заман [күндер, уақыт, жылдар].** *Аумалы-төкпелі, сұрапыл, тұрақсыз, қиындығы, азабы көп кез, заман.* **Қатал қол.** *Кәрі қатты, тәртібі қатаң (адам) басшы, билеуші.* **Қатал қолмен**. *Қатаңдықпен, өктемдікпен.* **Қатал тағдыр**. *Мехнаты мен бейнеті, қиындығы көп қатыгез өмір.*

**ҚАТАЛА**[1]**=** ет. 1. *Таңдайы кеуіп, қатты шөлдеу, аузы кебірсіп сусау.* 2. *Жауын-шашынның болмауынан, өзен-көлден алыс жатқан жердің қуаңдануы.*

**Қаталап қалды.** *Қатты шөлдеді, сусады.*

**ҚАТАЛА**[2] = ет. 1. вет. *Мал ішегінде жын қатып, азықпен араласқан құм-топырақтың шөгіп, жүрмей қалуы.* 2. мед. *Ішек қызметінің бұзылуы салдарынан үлкен дәреттің жүрмей қалуы.*

**ҚАТАЛАН=** ет. сөйл. жерг. ***Қателес*** *(шатасу, ағаттық жіберу).*

**ҚАТАЛАНУ** *Қаталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЛАС=** ет. сөйл. ***Қателесу.***

**ҚАТАЛАСУ** *Қаталас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЛАТ=** ет. *Шөлдету, сусату, таңдайын кептіру.*

**ҚАТАЛАТУ** *Қаталат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЛАУ**[1] зат. вет. *Ішектегі жынның қатуынан болатын мал ауруы.*

**ҚАТАЛАУ**[1] *Қатала*[1] *етістігінің қимыл атауы; қатты шөлдеу, аңқасы кебу.*

**ҚАТАЛАУ**[2] *Қатала*[2] *етістігінің қимыл атауы; ішекте жынның қатып қалуы.*

**ҚАТАЛДАН=** ет. *Қатая түсу, ширау.*

**ҚАТАЛДАНУ** *Қаталдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАЛДАУ** сын. 1. *Қаталырақ, ызғарлырақ.* 2. ауыс. *Жайсыздау, қолайсыздау (табиғат).*

**ҚАТАЛДЫҚ** зат. 1. *Талапшылдық, талап қойғыштық.* 2. *Қатыгездік, рақымсыздық.*

**ҚАТАЛ-ҚАЙСАР** сын. *Өр, бірбеткей, қайтпас.*

**ҚАТАЛ-ҚИҚАР** сын. *Бірбеткей, қыңыр, икемге көнбейтін, адамның шамасы жетпейтін.*

**ҚАТАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қателік.***

**ҚАТАЛЫРАҚ** сын. **1.** *Қаталдау, рақымсыздау.* **2.** ауыс. *Жайсыздау, қолайсыздау (табиғат).*

**ҚАТАН** зат. сөйл. *Мал түнейтін орын, қотан, қора.*

**ҚАТАҢ** сын. **1.** *Қатал, қатты, қатыгез (адам). // Берік, мызғымай, бұлжымай.* **2.** ауыс. *Қатқыл, нық, зор талаппен.* **3.** *Қыста қатты суық, жазда қатты ыстық, жайсыз, қолайсыз (ауа райы).*

**Қатаң дыбыс**. лингв. *Ешбір дауыс қатысынсыз, дірілсіз, дауыс жаңғырықсыз жасалатын салдырдан ғана тұратын дауыссыз дыбыс.* **Қатаң сөгіс**. қоғ. *Әкімшілік құқық бұзу ісі үшін қолданылатын шара, айып, жаза.* **Қатаң тағдыр [тіршілік].** *Мейірімсіз, ауыр, қиындыққа толы өмір, жазмыш.* **Қатаң тиді.** *Қатты батты, ауыр болды.* **Қатаң төзім етті.** *Барынша шыдап бақты.*

**ҚАТАҢДАУ** сын. *Қаталдау, қаттырақ.*

**ҚАТАҢДЫҚ**[1] зат. физ. *Дененің әсер ететін күшке икемделу қабілеті.*

**ҚАТАҢДЫҚ**[2] зат. *Қатаң мінез көрсетушілік, қаталдық.*

**ҚАТАҢСЫН=** ет. *Қатты деп көру, қатты санау.*

**ҚАТАҢСЫНУ** *Қатаңсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАҢЫРАҚ** сын. *Қаталырақ, қаттырақ.*

**ҚАТАР**[1] зат. **1.** *Заттың тәртіппен тізілген реті, тиісті орны.* **2.** *Белгілі бір топтың құрамы, саны.* **3.** этн. *Керуендегі немесе көштегі т.б. түйелердің белгілі бір тәртіппен, қатынаспен тізілген реті.* **4.** *Маңы, қасы, жаны.* **5.** матем. *Ақырсыз қосынды – бір сызықтық топологиялық кеңістік элементтерінің (қатар мүшелерінің) тізбегі және олардың шек ұғымы анықталған шекті қосындыларының (қатардың дербес қосындыларының) шекті жиыны.* **6.** әск. *Белгіленген бір сызық бойына орналасқан әскери қызметшілердің сапы.* **7.** биол. <лат. series> *Ботаникалық номенклатурадағы таксономиялық категория; секция мен түрдің ортасындағы аралық таксон.*

**Қатарға алды.** *Тең көрді, кем тұтпады.* **Қатарға келді.** *Өзі сияқтыларға, белгілі бір топқа қосылды.* **Қатарға қосылды**. а) *Басқа жұртпен теңелді, адам болды, қолы аузына жетті.* ә) *Ауруынан айықты, аяғынан тік тұрды, жолдастарына қосылды.* **Қатарға тұрды.** *Ел қатарына қосылды, мықтыларға ілесті.* **Қатардан қалды**. *Кейін қалды, кешеуілдеді, дамымады, өспеді.* **Қатардың ені**. *Қапталдағы қанаттардың өзара қашықтығы.* **Қатар түзеді [тұрды]**. *Сап құрып, қатарласты.*

**ҚАТАР**[2] зат. *Құрбы-құрдас, жасы шамалас адамдар.*

**Қатары артты [көбейді].** *Серіктестері, тілектестері көбейді.* **Қатарынан артық [асып, оза, озық] туған.** *Білімі, өнері, алғырлығы т.б. қабілеттері жағынан өз құрбыларынан едәуір жоғары тұрған, жан-жақты дамыған, шебер (адам, тұлға).* **Қатарынан қалмады.** *Ешкімнен кем болмады, жұрттың істегенін істеді, ел қатарлы өсті.* **Қатарынан қалмау.** *Көштен қалмау, ел қатарлы болу.* **Қатарының алды.** *Құрбы-құрдастарынан едәуір озық, артық жетістіктерге жеткен.* **Қатары сиреді [азайды, бітті].** *Құрдастары біртіндеп о дүниеге кете бастады.*

**ҚАТАР**[2] үст. *Теңбе-тең, қоса-қабат, бірге.*

**Қатар аққан.** *Жұптасып өмір кешкен, жарасымды тату отбасын құрған.* **Қатар ақты.** *Өзен сулары бір жерде жақын орналасты.* **Қатар қонды [тігілді].** а) этн. *Ауыл-үй бір жерге көршілесе қоныстанды.* ә) *Құстар тобы бір мезгілде жапырлай келіп бір жерге қонды.* **Қатар мінгесті [мінді].** *Екі қасиетке бірдей ие болды, екі жұмысты, өнерді т.б. тең дәрежеде меңгеріп, алып жүрді.* **Қатар өсті [жүрді].** а) *Бірге жүрді, жұбын жазбады.* ә) *Жақсылық пен жамандық іргелес болды, бірге келді.* **Қатар тұра алады.** *Теңесуге қауқары жетеді, шамалас, теңдес бола алады.* **Қатар ұстады.** *Екі қызметті бірдей атқарды, қас өнерді бірдей игерді, меңгерді.*

**ҚАТАР=** ет. *Матаны жиырып тігу, бүру.*

**ҚАТАРА** зат. ескікіт. *Тамшы.*

**ҚАТАРДАҒЫ** сын. **1.** *Көптің бірі, қарапайым.* **2.** *Шамалас, қарайлас, деңгейлес.*

**Қатардағы жаттығулар.** спорт. *Бір не басқа қатардағы спортшылардың бірігіп қимыл жасауы.* **Қатардағы жауынгер.** әск. *Шені жоқ (солдат) әскери қызметші.*

**ҚАТАР-ҚАТАР** үст. 1. *Рет-ретімен, тәртіппен.* **2.** *Белгілі бір тәртіппен тізілген, бірнеше реттік).*

**Қатар-қатар тұрысты**. *Бірінің артына бірі тұрып, бірнеше тізбекті сап құрысты.* **Қатар-қатар тізілді [тігілді].** *Тізбектеле орналасты, бірінің жанына бірі тұрып, реттелді.*

**ҚАТАР-ҚҰРБЫ** зат. *Жас жағынан теңдес адам, құрбы-құрдас.*

**ҚАТАР-ҚҰРБЫДАЙ** сын. *Жас жағынан теңдес адамдай, құрдастай, бірге өскендей.*

**ҚАТАРЛА=** ет. *Бірінен соң бірін рет-ретімен қою, тізбектеу.*

**ҚАТАРЛАҒАН** сын. көне. *Қаптаған, қалың, сансыз, көп.*

**ҚАТАРЛАН=** ет. **1.** *Тізілу, тізбектелу, бірінен кейін бірі көріну.* **2.** этн. *Керуендегі, көштегі т.б. түйелердің бірінен соң бірінің ретпен тізілуі.*

**ҚАТАРЛАНУ** *Қатарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАП** үст. **1.** *Керуен-керуен болатындай, бірнеше түйенің тізбегіне арматындай, сансыз, көптеп.* **2.** *Қатар-қатар етіп, тізбектеп.*

**Қатарлап ату**. спорт. *Нысана көздеу спортында бір мезетте жіберілген екі оқпен екі нысананы қатарынан ату.*

**ҚАТАРЛАС**[1] зат. *Теңдес құрбы, құрдас.*

**ҚАТАРЛАС**[2]**=** ет. **1.** *Бір-бірінің жанына, артына тұрысу, бір түзудің бойына тізбектелісу, бірлесу.* **2.** *Қатарда бірге жүру, қатарға қосылу.*

**ҚАТАРЛАСТЫР=** ет. *Қатарына қостыру, жұықтату, жақындату.*

**ҚАТАРЛАСТЫРУ** *Қатарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Тізбектеле орналастырылу, топтастырылып тізілу.*

**ҚАТАРЛАСТЫРЫЛУ** *Қатарластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАСУ** *Қатарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАТ=** ет. *Тізбектету, бірінің жанына бірін орналастыру.*

**ҚАТАРЛАТҚЫЗ**= ет. *Тізбектеткізу, рет-ретімен қойғызу.*

**ҚАТАРЛАТҚЫЗУ** *Қатарлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАТТЫР**= ет. *Рет-ретімен, қатар-қатар еткізіп қойдыру, тізбектеттіру.*

**ҚАТАРЛАТТЫРУ** *Қатарлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАТУ** *Қатарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛАУ** *Қатарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЛЫ**[1] сын. *Қатары бар, қабатты.*

**ҚАТАРЛЫ**[2] сын. *Жас жағынан шамалас, жасты.*

**ҚАТАРМА**[1] зат. этн. қолөнер. *Қатарып тігілген, бүрмеленген тігіс.*

**ҚАТАРМА**[2] зат. *Жад, түйсік, назар.*

**ҚАТАРУ** *Қатар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТАРЫ** зат. жерг. *Жаны, маңы, маңайы.*

**ҚАТАРЫНАН** үст. **1.** *Бірінен кейін бірін.* **2.** *Бір мезгілде, бірден.*

**ҚАТАС** үст. жерг. *Жаңылысып, қателесіп.*

**ҚАТАСЫЗ** сын. сөйл. ***Қатесіз.***

**Қатасыз тиді [атты].** *Мүлт кетпеді, дәл (дөп) тиді.*

**ҚАТАЮ=** ет. **1.** физ. *Заттың қатты, серіппелі күйге өтуі.* **2.** ауыс. *Күшею, күшіне міну.* **3.** ауыс. *Мінездің, көңіл-күйдің ұстамдылыққа, салмақтылыққа бейімделуі.*

**ҚАТҒИ** сын. ескікіт. *Жасырын, астыртын.*

**ҚАТЕ**[1] [ар. خطا ] зат. **1.** *Жаңылыс, теріс іс, ағат қылық, бұрыс әрекет.* **2.** *Жаңылысушылық, дұрыс емес, теріс сенім, бұрыс ой, жаңсақ түсінік.* **3.** *Шалыс басушылық, байқаусызда, ойламаған жерден болған ағаттық.* **4.** *Жалғандық, ауытқушылық, бұрыстық, өтірік.* **5.** филос. *Белгілі бір мезетте жүзеге асқан істің, құбылыстың уақыт өткен соң теріс болғанын аңғартатын ұғым.* **6.** пед. *Ережеден, дұрыс үлгіден ауытқу.* **7.** саяси. *Негізінен үкіметтің ауысуына немесе экономикалық бағыт-бағдардың өзгеруіне, заңнамадағы қолайсыз өзгерістерге, әскери жанжалдарға, шектеулер енгізілуіне, эмбаргоға, мүлікті ұлт меншігіне айналдыруға байланысты, т.б. жағдайларда туындайтын ауытқу.* **8.** эколог. *Қолданыстағы табиғи нысандар мен факторлардың антропогендік өзгерістер ықпалымен, адам әрекетінің салдарынан туындайтын ауытқу.*

**Қате жіберді.** а) *Қателесті, жаңылысты.* ә) пед. *Жазба жұмыстарынан орфографиялық, грамматикалық қате жіберді.* б) *Ағаттыққа жол берді, жаздыжаңылды.* **Қате кетті**. а) *Қателесті, қателік жіберді.* ә) *Дәл болмады, дөп тимеді, тиісті межеден ауытқыды.* б) *Жаңылды, бұрыс, теріс болды.* **Қателер теориясы.** матем. *Жуық түрде өлшенген шамалардың мәнін табуға арналған және өлшеу қателері туралы тәсілдерді зерттейтін математикалық статистиканың саласы.* **Қатемен жұмыс**. пед. *Мектеп оқушыларының жазба жұмыстарды орындауда жіберген қателіктерін түсіндірумен, қате жіберуіне себеп болған білім, біліктілік, дағдыларды үйретіп қалыптастырумен байланысты қолданылатын оқыту тәсілі.* **Қатесі бар.** *Дұрыс емес, бұрыс.* **Қатесі жоқ.** *Дұрыс, қатесіз, тура.* **Қатесін кешірді.** *Айыбын кешті, жазғырмады, кінә тақпады, айыптамады.* **Қатесін мін қылды.** *Айыбын бетіне басты, жазғырды, сынап-мінеді.* **Қатесін санады.** *Кемшілігін терді, сынап-мінеді, өзін кінәлі сезінді.* **Қатесін түзетті.** *Қатесін тауып, жөндеді, ескерту жасады.* **Қатесін ұғынды [түсінді, байқады].** *Жаңылғанын білді.*

**ҚАТЕ**[2] сын. *Бұрыс, теріс, ағат, жалған.*

**Қате болды.** *Дұрыс болмады, жаңылыс болды.* **Қате ойлады.** *Дұрыс түсінбеді, жаңылды.*

**ҚАТЕ-КЕМІСТІК** зат. *Белгілі бір істе кеткен кемшілік.*

**ҚАТЕЛЕС=** ет. **1.** *Қалт жіберу, қате жіберу, дұрыс шешімнен, тиімді әрекеттен ауытқу.* **2.** *Ағаттық жасау, бұрыс жолға түсу, адасу.* **3.** *Дөп түспеу, дәл тимеу.* **4.** *Шатасу, жаңылысу.* **5.** *Турасын айтпау, шындығын, ақиқатын көрсетпеу.*

**ҚАТЕЛЕСКІШ** сын. *Жиі қателесетін, көп қате жіберетін.*

**ҚАТЕЛЕСТІР=** ет. *Жаңылыстыру, шатастыру.*

**ҚАТЕЛЕСТІРУ** *Қателестір етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЕЛЕСУ** *Қателес етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЕЛЕСУШІЛІК** зат. *Адасушылық, жаза басушылық.*

**ҚАТЕЛІК** зат. **1.** *Бұрыс әрекет, теріс қылық, нұқсанды іс, ағаттық.* **2.** *Жаңылысушылық, адасушылық.* **3.** *Бұрыстық, жалғандық, теріс ойлаудан болған шатасушылық.*

**Қателігі жетіп жатыр.** *Өмірінде көп жаңылысты, айыбы көп.* **Қателігін кеш ұқты.** *Айыбын кейін түсінді, білді, өкінді.* **Қателігінің басын ашты.** *Өзін ақтап алды; айыбын жуды.* **Қателігі түзелді.** *Жіберген қатесі жөнделді, бәрі қалпына келді.* **Қателік жасау.** *Қателесу, жаңылысу.* **Қателік жіберді.** *Ағаттыққа жол берді, кінәлі*

*болды.* **Қателікке төзбеді.** *Ағаттықты көтере алмады, тез арада түзетті, жол бермеді.* **Қателік кетті.** *Жаңылысты, қателікке ұрынды, ағат кетті.* **Қателік тарады.** *Нұқсанды іске жол берілді, бұрыс әрекетке әкеп соқтыратын жаңылысу болды.* **Қателіктен шошыма!** *Ағат істен қашпа, оны түзетуге тырыс деген мағынада.*

**ҚАТЕП** з а т. к ө н е. э т н. *Жүк арту үшін нардың үстіне салынатын ағаш [Қатеп нардың өркеші арасында тұрады да, оны жүк баспайды].*

**ҚАТЕПТІ** с ы н. *Аса мықты, шыдамды, төзімді; көнтерілі.*

**Қатепті қара нар.** э т н. *Жүк арту үшін өркешіне ұзыннан салынған ағашы бар берік, мықты, күшті түйе.* **Қатепті қара нардай.** п о э т. *Ауыртпалықты сездірмейтін ауыр жүгін бөлісетін, сүйеніші бар, тірегі бар адамдай.*

**ҚАТЕР**[1] [ар. خطر] з а т. **1.** *Қауіп, сырттан төніп тұрған залал, нұқсан, зиян.* **2.** *Тосыннан кездесетін қиындық, кедергі.* **3.** э к о н. *Тәуекелдік күтпеген шығасыға, залалға ұшырау, жоспарланатын нұсқамен салыстырғанда табыстың, пайданың кем алыну қаупі.*

**Қатерге аяқ басты.** *Тәуекелге барды, бір іске бел шешіп кірісті.* **Қатерге бел буды.** *Тәуекелге барды, қауіпке басын тікті.* **Қатерге [бір елі] жуықтау.** *Өмірлері қауіпке толы, айнала қоршаған жау.* **Қатерге толқын туратты.** п о э т. о к к а з. *Басын қатерге, бір іске қауіптілігіне қарамастан бел шешті, тәуекел етті.* **Қатерге төзді.** *Қиындыққа шыдады, ауыртпалықты көтерді.* **Қатерден аман кетті [қалды].** *Қауіптен аман-есен қалды, бәледен құтылды.* **Қатерден қорғады.** *Бәле-жаладан сақтады, қорғаштады, қамқорлық жасады.* **Қатер күтпеді.** *Қауіптенбеді, сезіктенбеді, қамсыз болды.* **Қатер өткелін кешті.** п о э т. *Талай ауыртпалықты бастан кешті, қиындық көрді, азап шекті.* **Қатер таянды [жуыды].** *Қауіп төнді, бәле кез болды, басына қиындық түсті.* **Қатер төнді.** *Қиын-қыстау қауіпті жағдай туды, басына күн туды.* **Қатерін қате ойламады.** *Төніп тұрған қауіпті дұрыс сезініп, аңғара білді.*

**ҚАТЕР**[2] з а т. **1.** е с к і к і т. *Ой, түсінік, ұғыныс, ойлау.* **2.** ж е р г. *Хабар.*

**Қатерде болды.** *Ойда болды, есте жүрді.* **Қатер сұрады.** ж е р г. *Науқас адамның көңілін сұрады.*

**ҚАТЕРЖАМ** с ы н. е с к і к і т. *Ұқыпты, еш нәрсені ұмытпайтын, сенімді, тыңғылықты.*

**ҚАТЕР-ҚАУІП** з а т. *Қауіпті, қатерлі жағдай.*

**ҚАТЕРЛЕ**= е т. *Хабарлау, есіне салу.*

**ҚАТЕРЛЕН**[1]**=** е т. *Қауіптену, күмәндану.*

**ҚАТЕРЛЕН**[2]**=** ж е р г. *Хабар алу, хабардар болу.*

**ҚАТЕРЛЕНДІР=** е т. *Үрейлендіру, сақтандыру.*

**ҚАТЕРЛЕНДІРУ** *Қатерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЕРЛЕНУ**[1] *Қатерлен*[1] *етістігінің қимыл атауы; үрейлену, сақтану.*

**ҚАТЕРЛЕНУ**[2] *Қатерлен етістігінің қимыл атауы; хабардар болу.*

**ҚАТЕРЛЕУ** *Қатерле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЕРЛІ** с ы н. *Қатері бар, қауіпті, қорқынышты.*

**Қатерлі аймақ.** қ о ғ.-с а я с и. *Саяси жағдайы шиеленіскен, тұрақсыз, адам өмірінің қорғалуын қамтамасыз ету мүмкін емес, сырттан келгендер үшін қауіпті ел, аудан, елді мекен.* **Қатерлі бизнес.** э к о н. *Тәуекелді бизнес – ойдағыдай орындалуы тұрғысынан елеулі қатерге ұшырауы мүмкін жобаны іске асыру (жаңа өнім әзірлеу, жаңа аймақтық рынокты игеру) жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.* **Қатерлі дерт.** м е д. *Жұқпалы ауру.* **Қатерлі өткел.** *Қауіпті асу, белес; қорқынышты кезең.* **Қатерлі шақ.** *Қауіпке толы кезең, аумалы-төкпелі заман.* **Қатерлі ісік.** м е д. <лат. carcinoma> *Тіндердің айналасында өсіп, олардың қызметін бұзатын ісіктер; осы ісіктердің жайылуынан ағзада метастаз үдерісінің басталуы.*

**ҚАТЕРЛІЛІК** з а т. *Қатері барлық, қауіптілік.*

**ҚАТЕРСІЗ** с ы н. **1.** *Қатері жоқ, қауіпсіз, зиянсыз.* **2.** *Алаңсыз, қамсыз.*

**Қатерсіз ісік.** м е д. *Қан-лимфа тамырлары арқылы денеге таралмайтын, өзіне жақын жатқан тіндердің тіршілігін бұзбайтын және метастаз бермейтін ісіктер.*

**ҚАТЕРСІЗДІК** з а т. *Қатері жоқтық, қауіпсіздік.*

**ҚАТЕРШЕҢ** с ы н. ж е р г. ***Қатержам*** *(зерек, естігенін ұмытпайтын, жады мықты (адам).*

**ҚАТЕСІЗ** с ы н. **1.** *Қатесі жоқ, нұқсансыз, мүлт кетпейтін, дөп түсетін.* **2.** *Айнымай, айқын, дөп түсетін.*

**ҚАТИБ** з а т. е с к і к і т. *Хатшы, тіркеуші.*

**ҚАТИҒ: қатиғ сауил** ар. е с к і к і т. *Ащы шырын.* **Қатиғ тариқ** ар. е с к і к і т. *Қарақшы, тонаушы.*

**ҚАТИЛ** с ы н. е с к і к і т. *Өлтірілген, өлген, өлік, құрбан.*

**ҚАТИПА** [ар. قطيفة ] з а т. э т н. *Барқыт сияқты жатық түкті тығыз тоқылған мата.*

**ҚАТИР** з а т. е с к і к і т. ***Қашыр.***

**ҚАТИРА**[1] [ар. خاطر] з а т. ж е р г. ***Құрмет.***

**ҚАТИРА**[2] ар. з а т. *Бірыңғай заттардың тәртіппен тізілген тізбегі, қатар. // Қоса, қабат, мәрте.*

**ҚАТИФА** з а т. е с к і к і т. ***Қатипа.***

**ҚАТКЕР** с ы н. е с к і к і т. *Сауатты, хат танитын.*

**ҚАТ-ҚАБАТ** с ы н. **1.** *Қатар-қатар, тізбек-тізбек.* **2.** *Бірінің үстіне бірін, қабат-қабат.* **3.** *Үсті-үстіне қабаттасқан, бірінен кейін бірі келген, көп.*

**Қат-қабат шелпек.** э т н. т а м а қ. *Пісіріп алған шелпектің арасына қарақаттың қағын орап жасалатын шелпектің түрі.*

**ҚАТ-ҚАБАТТА=** е т. *Түрлі жағдайдың қабаттасып, қатарласып келуі, қосарлануы.*

**ҚАТҚАҚ** з а т. **1.** *Суықтан мұздап қатқан, тоңазыған жер.* **2.** г е о г р. *Жер бетінің суықтан мұздап, қататын, тоңазытып күннің немесе жыл мезгілінің суытатын шағы.*

**ҚАТҚАҚСУ**[1] *Қатқақсы етістігінің қимыл атауы; мұздау, қатыңқырау.*

**ҚАТҚАҚСУ**[2] *Қатқақсы етістігінің қимыл атауы; шөлдеу, аузы кеберсу.*

**ҚАТҚАҚСЫ**[1]**=** е т. *Суықтан тоңазып қатыңқырау, мұздау.*

**ҚАТҚАҚСЫ**[2]**=** е т. *Аузы кеберсу, шөлдеу*

**ҚАТҚАҚТА=** е т. с ө й л. *Құрғау, тобарсу, дегду.*

**ҚАТҚАҚТАН=** е т. *Қату, тоңазу.*

**ҚАТҚАҚТАНУ** *Қатқақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТҚАҚТАУ** *Қатқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТҚАЛАҚ** с ы н. *Мұздақ, қатқақ.*

**ҚАТҚАМ: қатқам салат.** д і н и. *Намаз.*

**ҚАТҚАН** с ы н. с ө й л. *Керемет, мінсіз.*

**ҚАТҚАН-КЕПКЕН** с ы н. *Кеуіп қалған, құрғап кеткен.*

**ҚАТҚАН-ҚҰТҚАН** с ы н. с ө й л. *Қалған-құтқан, қатып қалған.*

**ҚАТ-ҚАТ** ү с т. **1.** *Қабат-қабат.* **2.** *Қатпар-қатпар.*

**ҚАТ-ҚАТТАП** ү с т. *Рет-ретімен, біртіндеп.*

**ҚАТ-ҚАТТАС=** е т. *Қабаттасу, қосарлану.*

**ҚАТ-ҚАТТАСУ** *Қат-қаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТҚҰЫР** з а т. ж е р г. *Шошала, шаншар үй (киіз), уақытша тігілетін баспана түрі.*

**ҚАТҚЫЗ=** е т. *Қатайту, қаттыру.*

**ҚАТҚЫЗУ** *Қатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТҚЫЛ** с ы н. **1.** *Қатыңқыраған, қатқақ.* **2.** а у ы с. *Ашулы, зілді, қатаң, қатал.* **3.** а у ы с. *Қайратты, қаттырақ.*

**ҚАТҚЫЛДАН=** ет. **1.** *Тобарсу, қату.* **2.** а у ы с. *Қатаңдау, қаталдану.*

**ҚАТҚЫЛДАНУ** *Қатқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТҚЫЛДАУ** с ы н. **1.** *Қаттылау, қаттырақ.* **2.** а у ы с. *Қаталдау, қатаңдау.*

**ҚАТҚЫЛДЫҚ** з а т. *Қатаңдық, қаталдық.*

**ҚАТҚЫЛТЫМ** с ы н. с ө й л. ***Қатқылдау.***

**ҚАТПА**[1] з а т. **1.** м е д. *Ішек қызметінің бұзылуынан үлкен дәрет жүрмей қалатын, созылмалы түрде өтетін ауру.* **2.** в е т. <лат. paratuberculosis> *Ішек қызметінің бұзылуынан үлкен дәреті жүрмей қалатын түйе малындағы кесел.*

**Қатпа келгір!** қ а р ғ. *Түйеге айтылатын қарғыс.*

**ҚАТПА**[2] с ы н. **1.** *Арықша келген жұқа, ілмиген (адам).* **2.** ж е р г. *Арық, көтерем (мал).*

**Қатпа бота.** к ә с. *Енесін емін-еркін емсе де, шыр жұқпайтын бота.* **Қатпа қара.** *Жіңішке, арық қара (кісі).* **Қатпа тезек.** ж е р г. *Қаңылтақ, қабажақ тезек.*

**ҚАТПАР** з а т. **1.** *Қабат, қыртыс.* **2.** *Киімнің (матаның) қабатталған жері; бүктесін.* **3.** *Бет, маңдай, мойын терісіндегі жиырылған жер.* **4.** а у ы с. *Қалтарыс, жұмбақ, бұлтарыс.*

**Қатпарын жазды.** *Сырын ашты, құпиясын жария етті.*

**ҚАТПАР-ҚАТПАР** с ы н. **1.** *Қабат-қабат, бірнеше қабат.* **2.** *Қыртыс-қыртыс, мыж-мыж.*

**ҚАТПАРЛА=** е т. *Қыртыстандыру, жиыру.*

**ҚАТПАРЛАН=** е т. *Қырыстану, қалталану, қатпар-қатпар болу.*

**ҚАТПАРЛАНДЫР=** е т. *Қыртыстандыру, тыржиту.*

**ҚАТПАРЛАНДЫРУ** *Қатпарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТПАРЛАНУ** *Қатпарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТПАРЛАУ** *Қатпарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТПАРЛЫ** с ы н. **1.** *Қатпары бар, қыртыс-қыртыс.* **2.** *Жиырып бүрмелеген, қатарланған.* **3.** а у ы с. *Сырға берік, салмақты, терең ойлы, байсалды.*

**ҚАТПАРЛЫҚ** з а т. г е о л. *Таужыныс қабаттарының бір-бірімен астасу пішіндерін өзгертетін ауқымды процесс.*

**ҚАТПАРШАҚ** з а т. *Малдың қатпарланған қарны, жалбыршағы.*

**ҚАТРА** ар. з а т. е с к і к і т. **1.** *Тамшы.* **2.** а у ы с. *Көз жасы.*

**ҚАТРАН** ар. з а т. е с к і к і т. *Қарамай, шайыр.*

**ҚАТРАТ** ар. з а т. е с к і к і т. **1.** *Тамшы.* **2.** а у ы с. *Көз жасы.*

**ҚАТТА**[1] с ы н. *Үлкен, аумақты.*

**ҚАТТА**[2] ү с т. ж е р г. **1.** *Қайткенде де, қалайда.* **2.** *Тегінде, шынында.*

**ҚАТТА**[3]**=** е т. **1.** *Жүйелеп реттеу, бірінің үстіне бірін қою, қабаттау.* **2.** а у ы с. *Үстінүстіне жинай беру, дүниеқұмарлыққа салыну.*

**ҚАТТА**[4]**=** е т. к і т. ***Хатта.***

**ҚАТТАЛ=** е т. *Бірнеше қабат етіп бүктелу, қатпарлану.*

**ҚАТТАЛУ** *Қаттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТТАМ** з а т. ф и з. *Құйылған, қалыпталған немесе механикалық өңдеуден өткен дайындамалар мен тетіктердің жиналу түрі.*

**ҚАТТАМА**[1] з а т. ж е р г. т а м а қ. *Қамыр мен еттен жасалатын ұлттық тағам түрі.*

**Қаттама шелпек.** э т н. т а м а қ. *Ұнға май қосып, иін қандыра илеп пісірілетін тағам.*

**ҚАТТАМА**[2] з а т. э т н. *Астарына мақта немесе жүн, қыл, металл үзіктерін салып, жібек матадан бірнеше қабаттап сырылып тігілген жұмсақ сауыт.*

**Қаттама кежім.** э т н. *Жібек матадан бірнеше қабаттап сырылып тігілген жұмсақ ат сауыты.* **Қаттама сауыт.** э т н. *Матадан бірнеше қабаттап тігіліп жасалатын, астарының ішіне қорғанысын арттыру үшін жүн, темір т.б. салынатын батырлардың жеңіл сауытының түрі, торғауыт.*

**ҚАТТАН=** е т. *Ашулану, қаһарлану, ызалану.*

**ҚАТТАНУ** *Қаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТТАТ[1]=** е т. *Қабаттату, бүктету.*

**ҚАТТАТ[2]=** е т. к і т. ***Хаттат*** *(хатқа түсіру, зандастыру, ресми тіркету, рәсімдеу; есепке алу).*

**ҚАТТАТУ[1]** *Қаттат[1] етістігінің қимыл атауы; қабаттату, бүктету.*

**ҚАТТАТУ[2]** с ө й л. *Қаттат[2] етістігінің қимыл атауы; тіркету, рәсімдеу.*

**ҚАТТАУ[1]** з а т. э т н. к ө н е. **1.** *Сауыт ішінен киюге арналған, бірнеше қабат жібектен сырылған киім.* **2.** с а я т. *Бүркіттің бармағын аңның тісінен сақтау үшін жарғақтан, жібектен сырып тігілетін бармаққап.*

**ҚАТТАУ[2]** *Қатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТТАУ[3]** с ө й л. *Қатта етістігінің қимыл атауы; хаттау.*

**ҚАТТАУЛЫ** с ы н. *Қаттап қойылған, реттеулі тұрған.*

**ҚАТТЕ** ү с т. е с к і к і т. *Мүмкін, әлде.*

**ҚАТТЫ[1]** с ы н. **1.** *Жұмсақ емес, берік, мықты.* **2.** а у ы с. *Қатыгез, қатыбас.*

**Қатты дәрілік қалыптар.** м е д. *Фармакология өндірісі шығаратын, пайдалануға дайын дәрі-дәрмек түрлері.* **Қатты дене.** ф и з. *Атомдары, молекулалары немесе иондары тығыз орналасатын заттар.* **Қатты ерітінділер.** ф и з. *Концентрациялары берілген температураның, қысымның кейбір шегінде өзгеретін, біртектілігі бұзылмайтын, бірнеше құраушылардан тұратын қатты заттар.* **Қатты заттар.** ф и з. *Қатты денелер.*

**ҚАТТЫ[2]** ү с т. **1.** *Ерекше, өте, аса.* **2.** *Көтеріңкі, күшті, ащы.* **3.** *Жер-жебіріне жеткізе, жанға батыра, көңілге аларлықтай етіп.* **4.** *Өктем, қатқыл.* **5.** *Еш нәрсені сезбей, тырп етпей, (ұйықтау).* **6.** *Тығыздап, барынша нығыздап.* **7.** *Күштірек, қаттырақ, үдете, жанға батыра (әрекет ету).* **8.** *Қуатты, өте зор.*

**Қатты айтты.** *Бетің бар, жүзің бар демей тура сөйледі.* **Қатты батты**. *Жанына күшті әсер етті.* **Қатты бол.** *Аяушылықты білмейтін қатал, қатыгез бол, дұшпанды аяма деген мағынада.* **Қатты денелер химиясы.** х и м. *Қатты денелердің химиялық қасиеттерін және оларда жүретін химиялық реакциялардың ерекшеліктерін зерттейтін химия саласы.* **Қатты ерітіндіге шыныктыру.** м ә ш. *Тұрақты қатты ерітінді алу үшін белгілі температураға дейін қыздырудан, содан кейін біркелкі шыныққан қатты ерітіндінің құрылымын бөлме температурасында сақтауға жеткілікті жылдамдықпен суытудан тұратын қорытпаларды термиялық өңдеу.* **Қатты келді.** *Ашуланды, ұрысты.* **Қатты кетті.** *Дүрсе қоя берді, бас-көзге қарамады.* **Қатты көңіл бөлді.** *Баса мән берді.* **Қатты қайырым.** *Ауыр дене жұмысы, қиын еңбек.* **Қатты қайырымға келмеді**. *Ауыр жұмыс істеуге жарамады.* **Қатты қаракүйе.** б о т. <лат. tilletia caries> *Күздік бидай мен арабидайда кездесетін күйе саңырауқұлақ тарататын ауру.* **Қатты қуанды.** *Мәз болды, шат-шадыман болды.* **Қатты қысылды.** *Ұялды, сөз таппай дағдарды.* **Қатты ракеталық отын заряды.** ә с к. *Белгілі бір пішінде бір немесе бірнеше блок етіп жасалып, ракеталық қозғалтқыштың камерасына салынған қатты отын.* **Қатты соққан дауылдай.** *Екпіні күшті, жойқын, алапат.* **Қатты сөз.** *Көңілге тиер ауыр сөз, сөгу, ұрсу.* **Қатты сөйлеу.** *Адамның көңіліне тиетін ауыр сөз айту, тіліне сақ болмау.* **Қатты сөкті.** *Жерден алып, жерге салды, ұрысты.* **Қатты сыйлады.** *Ерекше құрметтеді, бар пейілімен, ынты-шынтысымен қызмет етті, қадірледі.* **Қатты тиді.** а) *Күшті әсер етті, көңіліне ауыр тиді.* ә) *Тас-талқанын шығарды.* **Қатты толғанды.** *Бір оқиғаның, сөздің әсерінен адамның үлкен ойға қалуы, толқып-тебіренуі.* **Қатты түкті иттабан.** ө с. *Сайғақшөп иттабан.* **Қатты ұйқыда қатып қалды.** *Есі кетіп ұйықтады.* **Қатты электролиттер.** ф и з. *Жоғары иондық электр өткізгіштігі бар кристалдық заттар.*

**ҚАТТЫҚАНАТТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. coleoptera> *Жәндіктер класының ең ірі отряды; қоңыздар.*

**ҚАТТЫҚАРА** з а т. ө с. ж е р г. *Түпкі бұтағы баялышқа ұқсас, ұзындығы 30-35 см., басында қатты бүршігі бар, түйе жейтін шөп.*

**ҚАТТЫ-ҚАТТЫ** ү с т. **1.** *Қаттырақ, мықтап.* **2.** а у ы с. *Зілді, ауыр.*

**ҚАТТЫҚОЛДЫЛЫҚ** з а т. *Қолына алған ісіне берік болушылық.*

**ҚАТТЫ-ҚҰТТЫ** з а т. с ө й л. *Кейінге сақталған зат, қалған-құтқан.*

**ҚАТТЫЛАН=** е т. ф и з. *Құрамындағы судың буланып ұшуынан немесе кейбір құрамбөліктердің реакцияға түсу нәтижесінде заттың тұтасып қатты күйге айналуы.*

**ҚАТТЫЛАНУ** *Қаттылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТТЫЛАУ** с ы н. **1.** *Қаттырақ, жайсыздау.* **2.** а у ы с. *Қатаңырақ, қаталырақ.*

**ҚАТТЫЛЫ-ЖҰМСАҚТЫ** с ы н. *Қаттысы мен жұмсағы аралас, қаттысы да, жұмсағы да бар.*

**ҚАТТЫЛЫҚ** з а т. **1.** ф и з. *Дененің немесе құрылымның деформацияның пайда болуына қарсылық көрсету қабілеті.* **2.** ф и з. *Белгілі бір заттың беріктік қасиеті, мықтылығы.* **3.** ф и з. *Бір нәрсенің күштілігі, қарқындылығы.* **4.** а у ы с. *Жаны ашымаушылық, қатыгездік, қаталдық.*

**Қаттылық көру**. ж е р г. *Қиындық көру, таршылық көру, қиналу.*

**ҚАТТЫР: жауап қаттырды.** *Жауап бергізді, жауабын айтқызды.*

**ҚАТТЫРАҚ** с ы н. *Қаттылау, мықтырақ.*

**Қаттырақ айтты.** *Көңілге қарамай, батыра айтты.*

**ҚАТТЫСӨЙЛЕГІШ** з а т. ф и з. т е х. *Дыбыс жиілігіндегі электр сигналын акустикалық тербеліске өзгертетін құрылғы.*

**ҚАТУ[1]** з а т. ж е р г. ***Мұз***.

**ҚАТУ[2]** с ы н. *Жарап тұрған, қатқан.*

**ҚАТУ** с ы н. с ө й л. *Көңіл қалдыратын, ауыр.*

**Қату айтты.** *Жанына батырып, шамына тие сөйледі.* **Қату қабақ.** *Қиналған, қажыған түр.*

**ҚАТУ[3]** с ы н. с ө й л. ж е р г. *Қатты, өте мұқтаж.*

**ҚАТУ[4]** *Қат[1] етістігінің қимыл атауы; температураның төмендеуінен сұйық заттың тоңазып, мұзға айналуы.*

**ҚАТУ[5]** *Қат[2] етістігінің қимыл атауы; кеберсу, құрғау.*

**Қату температурасы.** ф и з. *Белгілі бір заттың сұйық күйден қатты күйге түсуі үшін қажет болатын температура.*

**ҚАТУ[6]** *Қат[3] етістігінің қимыл атауы; сұйық тағамға сүт, айран, май т.б. қосып араластыру.*

**ҚАТУ[7]** *Қат[4] етістігінің қимыл атауы; жарау, бабына келу.*

**ҚАТУ-ҚАТУ** ү с т. с ө й л. *Қатты-қатты.*

**ҚАТУЛАН=** е т. *Жүзін суыту, қаһарлану, ызғарлану, ашулану.*

**Қатуланып кәр қылды.** *Қатты ашуланып, ызғарын төкті, қаһарын тікті.*

**ҚАТУЛАНДЫР=** е т. *Қатайту, қатаңдату.*

**ҚАТУЛАНДЫРУ** *Қатуландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТУЛАНТ=** е т. *Қатайту, ызғарландыру.*

**ҚАТУЛАНТУ** *Қатулант етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТУЛАНУ** *Қатулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТУЛАНЫҢҚЫРА=** е т. *Қатулана түсу, қаһарланыңқырау.*

**ҚАТУЛАНЫҢҚЫРАУ** *Қатуланыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТУЛЫ** с ы н. *Қатаң, ренжулі.*

**ҚАТУЛЫҚ** з а т. *Ызбар, реніш, кейіс.*

**ҚАТУСЫЗ** с ы н. ж е р г. *Қатықсыз.*

**ҚАТШАП** з а т. д і н и. *Кітап оқығанда қолға ұстайтын таяқша.*

**ҚАТ-ШОТ** з а т. с ө й л. *Есеп, санақ.*

**ҚАТШЫҚ** ү с т. ж е р г. ***Аралас.***

**ҚАТШЫЛЫҚ** з а т. *Тапшылық, жеткіліксіздік.*

**ҚАТЫБАС** с ы н. *Қатыгез, мейірімсіз, тасжүрек.*

**ҚАТЫБАСТАН=** е т. *Қатыгездену, қаталдану, мейірімсіздену.*

**ҚАТЫБАСТАНУ** *Қатыбастан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫБАСТЫҚ** з а т. *Қатыгездік, қаталдық.*

**ҚАТЫБЕЗЕР** с ы н. ж е р г. ***Қатыгез.***

**ҚАТЫГЕЗ** с ы н. **1.** *Қатыбас, қатал, тасжүрек.* **2.** *Аяусыз, ауыр, қиындыққа толы (өмір, тағдыр).* **3.** *Безбүйрек, жаны ашымайтын.*

**ҚАТЫГЕЗДЕН=** е т. *Мейірімсіздену, қатыбастану.*

**ҚАТЫГЕЗДЕНУ** *Қатыгезден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫГЕЗДЕУ** с ы н. *Қаталдау, мейірімсіздеу, қатыбастау.*

**ҚАТЫГЕЗДІК** з а т. *Адамның мінез-құлқындағы жағымсыз іс-әрекет; қаталдық, мейірімсіздік, тасжүректік.*

**Қатыгездік биледі.** *Ашу, ызаға ерік берді, ашуланды.*

**ҚАТЫҚ[1]** з а т. т а м а қ. э т н. **1.** *Қаймағы алынбаған қой сүтінен ұйытылған, көлкілдеп тұратын қою айран.* **2.** *Сүзген айран, сүзбе.*

**Қатығымен туған.** *Ұл-қызы аралас.* **Қатық қаймақ.** э т н. т а м а қ. *Ұйыған айран, қатықтың бетіне тұрған қаймақ.*

**ҚАТЫҚ[2]** з а т. *Тамақ дәмді, қуатты болу үшін қосатын ет, май, сүт сияқты тағамдар.*

**ҚАТЫҚСЫЗ** с ы н. *Сүт қосылмаған, қаймағы жоқ.*

**ҚАТЫҚСЫЗДАУ** с ы н. *Қатығы жоқ, нәрсіздеу, дәмсіздеу.*

**ҚАТЫҚТА=** е т. *Сүт қосу, қаймақ салып дәмдеу.*

**ҚАТЫҚТАЙ** с ы н. *Қатық сияқты, қатық тәрізді.*

**ҚАТЫҚТАУ** *Қатықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫҚТЫ** с ы н. *Қатығы бар, нәрлі.*

**ҚАТЫҚТЫҚ** з а т. *Қатық боларлық, қатыққа жарарлық.*

**ҚАТЫҚҰЛАҚ** с ы н. ж е р г. *Естігенін ұмытпайтын (адам).*

**ҚАТЫҚЫЗ** з а т. ж е р г. *Тікенді, сабағы қатты арамшөп.*

**ҚАТЫЛ[1]** [ар. ] с ы н. е с к і к і т. *Қайтыс болған, қаза тапқан, өлген.*

**Қатыл болды.** *Қаза тапты, қайтыс болды, өлді.* **Қатыл қылды [етті].** к ө н е. *Шауып тастады, өлтірді.*

**ҚАТЫЛ[2]** з а т. е с к і к і т. *Өлтіруші.*

**ҚАТЫЛ[3]=** е т. е с к і к і т. *Өлтіру.*

**Қатыл етті.** *Өлтірді, түбіне жетті.*

**ҚАТЫЛ=** е т. *Қосылу, араластырылу, қатықталу.*

**ҚАТЫЛУ** *Қатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫМ** [ар. خواتم] з а т. д і н и. *Өлген адамға бағышталып, Құран түгел оқылатын, жұрт шақырылып, ас берілетін жиын.*

**Қатым кәрда молда.** д і н и. *Марқұмның аруағына арнап «Құранды» бастан-аяқ оқып шығуды міндетіне алған молда.* **Қатым қылды.** а) *Аяқтады, бітірді.* ә) д і н и. *«Құранды» бастан-аяқ оқып шықты.* **«Қатым Құран» шығарды.** д і н и. *«Құран Кәрімді» толығымен оқып шықты.* **Қатым сауапты болсын**. д і н и. *Қатым түсірген үйге келіп, дәм-ауыз тиген жұрттың үй иесіне айтатын жақсылық болсын, сауабы өздеріңе тисін деген мағынадағы тілек сөзі.*

**ҚАТЫМДА=** е т. д і н и. *«Құран Кәрімді» басынан аяғына дейін оқып шығу.*

**ҚАТЫМДАУ** *Қатымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫН** з а т. **1.** *Жалпы әйел атауы, ерге тиген әйел.* // э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Төменетек, қоғамда орны жоқ, үйде дауысы жоқ, сөзі өтпейтін әйел.* **2.** *Зайып, жар, жұбай.* // *Қорқақ, сужүрек, еркек емес.*

**Қатын алды.** с ө й л. қ а р а п. *Үйленді, отбасын құрды.* **Қатын алма, қайын ал**. *Болашақ жарыңның шыққан жері, төркіні дұрыс болсын,*

*маңыздысы сол деген мағынада.* **Қатын алу**. *Үйлену, отбасын құру.* **Қатын алып берді.** *Қалыңмалын төлеп, үйлендірді.* **Қатын ашу.** экспр. *Болар-болмас нәрсеге шап ете қалатын мінез көрінісі.* **Қатын басымен**. *Әйел басымен, әйел бола тұра.* **Қатын бесін [бесіндік].** этн. *Бесін мезгілінен сәл-пәл өткен кез.* **Қатын болды.** а) *Ерге шықты, күйеуге тиді.* ә) жағымсыз. *Салпыетек әйел болды, кексе тартты, есейді.* **Қатын болып шықты.** қарап. *Тұрмысқа шықпаған қыздың абыройы таза болмады.* **Қатын да болсаң, қаралы бол.** *Әйел болсаң да, әділдік жағында бол, сөзіңде тұр деген мағынада.* **Қатындары қан жұтты.** *Ел басына күн туды, ер-азамат майданға аттанды.* **Қатын дауыс.** экспр. *Еркектің әйелге ұқсаған жағымсыз даусы.* **Қатын – дұшпан**. этн. *Ерінің іс-әрекеттеріне сын айтқан әйелін жаратпағанда айтылатын сөз; әйелдің ойында тек жамандық болады деген мағынадағы кейістік қолданыс.* **Қатын етті**. *Әйел қылды, әйелдікке алды.* **Қатын жүрек**. экспр. *Қорқақ, батыл емес.* **Қатын жіберді**. сөйл. *Әйелінен айырылысты.* **Қатын қар!** қарап. *Әйелдердің ұрыс-керісі кезінде айтылатын сөз.* **Қатын қылды.** *Өз ықтиярынсыз, зорлықпен әйел етті.* **Қатын менен бала [қамы] үшін.** *Бала-шағасын асырау, сақтау мақсатымен.* **Қатын менен баланы тоңдырмады.** *Қамқорлық жасады, отбасының қамын жеді.* **Қатыннан басқа.** сөйл. стиль. *Ер-азамат, қолына қару алуға жарамды адамдар деген мағынада.* **Қатынның қырық жаны бар**. *Әйел ер адамға қарағанда көп нәрсеге шыдайды, ер адам төзбейтін нәрселердің бәрін көтереді деген мағынада.* **Қатын өлді – қамшының сабы сынды.** этн. *Ескі салт бойынша, әйелдің өлгені ұстаған қамшының сабы сынғанындай-ақ реніш-салмақ туғызады, көп қайғырма деген ұғымдағы көңіл айту.* **Қатын өсек**. жағымсыз. *Өсек-аяң, бос сөз, ұсақ әңгіме.* **Қатын тастады**. сөйл. *Әйелінен ажырасып кетті.* **Қатын үсті алды**. *Әйелі бар адамның тоқал алуы.* **Қатын үсті [үстіне] барды [тиді].** *Әйелі бар адамға тоқал болып күйеуге шықты.* **Қатын шығарды.** көне. *Әйелін талақ етті, тастады.* **Қатыны күмәнді**. көне. *Әйелі екіқабат, аяғы ауыр.* **Қатыны мінезді**. *Мінезі жақсы жар, жұбай, ақылды әйел.* **Қатынын күң қылды.** *Жаугершілік заман туып, жау қолына түсті, әйелдерін қорлады.* **Қатынының қойнынан шықтым ба?** *Күнәмнің үстінен түстің бе деген мағынада.* **Қатыны ұл [бала] тапқандай сүйінді [қуанды].** *Өте қатты қуанды, мәз болды.*

**ҚАТЫН-БАЛА** зат. *Әйелі мен балалары, үй іші, отбасы.*

**Қатын-бала баршасы.** *Отбасы мүшелері түгел, бәрі.* **Қатын-бала бәрі қалды**. *Өлген кезде, о дүниелік болғанында ештеме керек болмайды деген мағынада.* **Қатын-баланы шулатты.** *Азан-қазан қылды, бала-шағаны зар еңіретті.* **Қатын-баласы басын көтере алмады.** *Отбасында береке болмады, отағасы мазасыз болып, әйел-баласына тыныштық бермеді.* **Қатын-баласы жау болды.** *Қартайған отағасын әйелі мен балалары дұрыс түсінбеді, лайықты дәрежеде сыйламады, жағдайы ойдағыдай болмады.* **Қатын-баласы зарлады.** *Бала-шағасы, ұрім-бұтақ, зәузаты жылап қалды, қайғыға батты.* **Қатын-баласы зарлап [шулап, артында] қалды.** а) *Ел басына күн туды, ер-азамат жорыққа, соғысқа кетті.* ә) *О дүниелік болған ер адамды отбасы жоқтап, жылады.* б) *Азан-қазан, шулады.* **Қатын-баласын асырады [қорғады].** *Отбасының өмір сүруіне барынша қолайлы жағдай жасады, қамқор болды.*

**ҚАТЫНА=** ет. **1.** *Барып-келу.* **2.** *Араласу, тығыз қарым-қатынас жасау, қатысу.*

**ҚАТЫНАС** зат. **1.** *Қарым-қатынас, аралас.* **2.** филос. *Заттар мен құбылыстардың өзара тәуелділігін, байланысының белгілі бір сәтін білдіретін философиялық категория.* **3.** *Ел, мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестік.* **4.** *Қатыс, әрекет.* **5.** матем. *Математикалық шамалардың бөліндісі.* **6.** *Байланыс, қатыс.* **7.** *Аражік.* **8.** экон. *Шағу, бөлу.* **9.** сөйл. *Көлік, мәшине.* **10.** *Іс, өзара, бірлескен әрекет, нәтиже.* **11.** *Қатыс, әсер.*

**Қатынас деңгейін көтеру**. экон-әлеум. *Өзара белсенді әрекет жасаудың мәдениетін үйрену.* **Қатынас қағаз.** *Мекемелер арасындағы бір-біріне жазатын арнаулы ресми құжат.* **Қатынастар логикасы.** филос. *Логиканың әртүрлі нысандар арасындағы қатынастарды зерттейтін саласы.* **Қатынасын табу**. матем. *Белгілі бір шамалардың бір-біріне бөлінуін есептеу.*

**ҚАТЫНАС=** ет. **1.** *Барып-келісу, қатысу, жүріп-тұру.* **2.** *Тілдесу, сөйлесу.* **3.** *Араласу, атсалысу.* **4.** *Жиналыс, мәжілістің, ойын т.с.с. ішінде болу.*

**ҚАТЫНАССЫЗ** сын. **1.** *Байланыссыз, аралассыз.* **2.** филос. *Заттар мен құбылыстардың өзара байланысыньсыз.*

**ҚАТЫНАСТЫҚ** сын. *Қатынасқа сай, қатысты.*

**ҚАТЫНАСТЫЛЫҚ** зат. филос. *Өзара байланыстылық, тәуелділік.*

**ҚАТЫНАСТЫР=** ет. **1.** *Араластыру, қатыстыру.* **2.** көне. *Көрсету, жүздестіру, көрістіру.*

**ҚАТЫНАСТЫРУ** *Қатынастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАСТЫРЫЛ=** ет. *Қатыстырылу.*

**ҚАТЫНАСТЫРЫЛУ** *Қатынастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАСУ** *Қатынас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жиын, той т.с.с. ішінде болу.* **2.** *Араласу, аралас-құралас болу.* **3.** *Қатысу, бірге атсалысу.* **4.** Тілдесу, сөйлесу.

**ҚАТЫНАСУШЫ** зат. *Жиын, мәжіліс, тойға қатысушы адам.*

**ҚАТЫНАТ=** ет. **1.** *Жеткізу, тасу.* **2.** *Жөнелту, жіберту.*

**ҚАТЫНАТҚЫЗ**=ет. *Қатынастыру, араластыру.*

**ҚАТЫНАТҚЫЗУ** *Қатынатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАТТЫР=** ет. *Барыс-келіс жасату, араластыру; қатынастыру.*

**ҚАТЫНАТТЫРУ** *Қатынаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАТУ** *Қатынат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАУ** *Қатына етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНАУШЫ** зат. *Қатынасушы, хабарласушы адам.*

**ҚАТЫН-БАЛА** зат. *Үй-іші, бір отбасындағы қатын-қалаш, бала-шаға.*

**ҚАТЫНБАСША** зат. экспр. *Қатын-қалаштың ісіне араласатын еркек.*

**ҚАТЫНБАСШАЛЫҚ** зат. *Ер адамның әйелдердің шаруасына, үй шаруасына жөнсіз араласушылығы.*

**ҚАТЫНБАСШЫ** зат. сөйл. ***Қатынбасша.***

**ҚАТЫНДАЙ** сын. *Қатын сияқты, қатын тәрізді.*

**ҚАТЫНДАН=** ет. *Әйел ету; зорлау.*

**ҚАТЫНДАНУ** *Қатындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫНДЫ** сын. *Қатыны бар.*

**Қатынды болды.** *Үйленді, әйел алды.*

**ҚАТЫНДЫҚ** зат. **1.** *Әйелдік, әйел болушылық.* **2.** *Әйелге тән қасиет; осалдық.* **3.** ауыс. *Қорқақтық, ер адамға тән емес мінез.*

**ҚАТЫНЖАНДЫ** сын. *Әйелінің сөзін сөйлегіш, әйелжанды.*

**ҚАТЫН-ҚАЛАШ** зат. *Үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды әйел атаулы, кілең әйелдер.*

**ҚАТЫН-ҚЫЗ** зат. *Әйелдер мен қыздардың жиынтық атауы.*

**ҚАТЫНСЫЗ** сын. *Әйелсіз, қатыны жоқ, бойдақ.*

**ҚАТЫНША** үст. *Қатын секілді, қатынға ұқсап.*

**Қатынша жыбырлағаннан басқа**. *Сумаңдап, әйел құсап өсек айту мағынасында.*

**ҚАТЫНҚЫ** сын. *Қатайған, жұмсақ емес.*

**ҚАТЫНҚЫЛАУ** сын. *Жүзі сынықтау, өңі жүдеулеу.*

**ҚАТЫНҚЫЛЫҚ** зат. *Қабағына кірбің ұялағандық, реніштілік, көңілсіздік.*

**ҚАТЫНҚЫРА=** ет. *Қатая түсу, беку.*

**ҚАТЫНҚЫРАУ** *Қатынқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫП-ПІСКЕН** сын. *Әбден қатқан, қалыптасқан, өзгермейтін.*

**ҚАТЫП-СЕМІП** үст. *Ілмиіп, іліну-салынып; арықтап, әрең-әрең.*

**ҚАТЫР** зат. этн. саят. *Бүркіттің түскен аңының (қасқыр, түлкі т.б.) құлақ тесігіне күшпен батырып жіберу үшін ақбөкен, қара-құйрықтың үшкір мүйізінен жасалған аңшы құралы.*

**ҚАТЫР[1]=** ет. **1.** *Мұздату; қатайту, тоңазыту.* **2.** ауыс. *Жерге отырғызып кету, алдау.*

**Қатырған шекер.** жерг. *Құмшекерге су қосып қайнату арқылы жасалатын қант түрі.*

**ҚАТЫР** еліК. *Қатырлап, қатты шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қатыр етті.** *Қатырлаған қатты дыбыс шықты.*

**ҚАТЫР[2]=** ет. *Жарыту, ойдағыдай ету.*

**ҚАТЫРА** зат. ескікіт. **1.** *Бір тамшы су.* **2.** ауыс. *Көз жасы.*

**ҚАТЫРҒЫ** сын. **1.** *Қалыңдау, сірі, қатты картон (қағаз).* **2.** сөйл. *Киімнің иығына, омырауына сырып немесе крахмалдап салған қатты зат.*

**ҚАТЫРҒЫШ[1]** зат. хим. *Затты қатты күйге түсіретін белсенді қоспалар.*

**ҚАТЫРҒЫШ[2]** сын. *Қатыратын, қатыра алатын.*

**ҚАТЫР-ҚҰТЫР** елік. *Омырмалы, қатты затты басқанда, уатқанда, шайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚАТЫРЛА=** ет. *Қатырлаған дыбыс шығару; қатыр-құтыр ету.*

**ҚАТЫРЛАҚ** сын. *Қатырлағыш, қатырлай беретін.*

**ҚАТЫРЛАТ=** ет. *Қатыр-құтыр еткізу, қытырлату.*

**ҚАТЫРЛАТУ** *Қатырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫРЛАУ** *Қатырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫРМА[1]** зат. жерг. *Жұқа етіп жайып, қазанға не табаға пісірген нан.*

**ҚАТЫРМА[2]** зат. саят. *Мамырдың басынан шілденің аяғына дейін созылатын қыран құстың түлеу мерзімі.*

**ҚАТЫРМА[3]** сын. **1.** *Қатырылған, қақиып қатып қалған.* **2.** *Қатырылған, қатырылып жасалған (нәрсе, зат).*

**Қатырма бөрік**. этн. жерг. *Жұқа сырыған бөрік, тақияға ұқсас бас киім.*

**ҚАТЫРМАҚ** сын. *Қатырылған, қатырма.*

**ҚАТЫРМАЛЫ** сын. *Қатырылған, қатырмалаған.*

**ҚАТЫРМАШ** зат. *Қатырлақ етіп пісірілген жұқа нан.*

**ҚАТЫРТ=** ет. **1.** *Мұз қатырту, тоңазыту, кептіру.* **2.** ауыс. *Бәрін сақадай сай етіп, даярлап қою.*

**ҚАТЫРТУ** *Қатырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫРУ** *Қатыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫРУШЫ** зат. кәс. *Химиялық өнеркәсіптердегі реакцияға түсуге бейім олигомерлерді ерімейтін не балқымайтын полимерлерге айналдырып тұрушы орындарда жұмыс істейтін адам.*

**ҚАТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Кептірілу.* **2.** *Қатты күйге келтірілу.* **3.** хим. *Реакцияға түсуге бейім олигомерлердің ерімейтін және балқымайтын (тігілген) полимерлерге қайтымсыз өту.*

**ҚАТЫРЫЛУ** *Қатырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫРЫС=** ет. *Бір нәрсені қатыруға көмектесу; кептірісу.*

**ҚАТЫРЫСУ** *Қатырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫС=** ет. **1.** *Ішінде болу, өз көзімен көру.* **2.** *Қатынасу, араласу, өткізісу.* **3.** *Араласу, байланыста болу.* **4.** *Спортшының белгілі бір жарысқа түсуі, өз күшін сынауы.* **5.** пед. *Оқушының, студенттің т.б. тыңдаушының дәрісханадағы сабаққа араласуы, жауап беруі.* **6.** *Оқушының, студенттің т.б. спорт, музыка т.б. үйірмелерге баруы.* **5.** *Атсалысу, қатынасу.*

**ҚАТЫСҚАНДЫҚ** зат. *Қатынасқандық, араласқандық.*

**ҚАТЫССЫЗ** сын. **1.** *Қатынассыз, байланыссыз.* **2.** *Байланысы жоқ, аралас-құраластығы жоқ, мүлде бейхабар.*

**ҚАТЫСТЫ** сын. **1.** *Байланысты, арналған.* **2.** *Қатысы бар.*

**ҚАТЫСТЫҚ** сын. **1.** *Қатынастық, аралас-құраластық.* **2.** ғыл. *Байланыстылық.*

**Қатыстық сын есім**. лингв. *Заттың белгісін басқа бір заттың, іс-әрекеттің, мезгіл-мекеннің қатысы арқылы білдіретін сын есімнің мағыналық түрі.*

**ҚАТЫСТЫР=** ет. **1.** *Араластыру, арасында болдыру.* **2.** *Спортшының белгілі бір спорт жарысына түсуі.* **3.** *Қатысын, байланысын көрсету, байланыстыру.* **4.** *Атсалыстыру, қосу, қозғау салу.* **5.** *Белгілі бір үйірме, спорт түріне барғызу.*

**ҚАТЫСТЫРУ** *Қатыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫСТЫРЫЛ=** ет. *Бір оқиғаға араластырылу, тартылу.*

**ҚАТЫСТЫРЫЛУ** *Қатыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫСУ** *Қатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАТЫСУШЫ** зат. **1.** *Жиын, конференция т.с.с. қатынасушы адам.* **2.** *Процеске араласушы.* **3.** *Одақ, мүше, құрылтайшы.* **4.** *Спорт, үйірме т.с.с. жарысқа түсуші адам.*

**ҚАТЫСЫНСЫЗ** сын. *Қатынасынсыз, болмайынша.*

**ҚАТІГЕЗ** сын. сөйл. ***Қатыгез.***

**Қатігез жау.** *Аяушылықты білмейтін, кектескен жау, қас дұшпан.* **Қатігез ойлар.** бейн. *Қорқынышты, үрейлі ойлар.*

**ҚАУ** зат. өс. <лат. stipa> **1.** *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық малазықтық шөптесін өсімдік.* **2.** *Тығыз өскен қалың қау, қу шөп. // Қалың, ұйысқан, тығыз. // Көп, қалың, сансыз, шектен тыс көп.* **3.** жерг. *Үйілген шөптің немесе бау-бақшаның айналасына орнатылған қоршау. // Зор, мықты, күшті, таудай.* **4.** жерг. *Қураған бетеге.*

**Қау басқан.** *Қау, шөп қалың өскен (жер).* **Қау болды.** а) жерг. *Қауым болды.* ә) *Қамау, көкпар алып қашқан кісіні екінші жақ адамдарының қамажаулауы.* б) *Үлгайды, үлкен болып көрінді.* **Қау бөрік.** *Даңғой, даурықпа, өркөкірек.* **Қауға тиген өрттей.** *Тым екпінді, қайсар, алғыр (адам).* **Қаудан шыққан өрт.** *Аяқ астынан болған бәле.* **Қау көкірек**. *Қолынан еш нәрсе келмейтін, бос кеуде, даурықпа, өркөкірек.* **Қау көрік**. *Даңғой, даурықпа.* **Қау құрақ.** *Қалың шөп, көк шалғын.* **Қау шеңгелдей.** *Қалың өскен шеңгел сияқты тікенекті шөптердей.* **Қау шөп.** *Қара суық ұрып, қыс түскен кездегі изен, жусан тәрізді қыр шөптері.*

**ҚАУА** зат. жерг. ***Асқабақ.***

**ҚАУАБ** ескікіт. зат. *Шұңқыр.*

**ҚАУАҚ[1]** зат. **1.** *Ішін ұңгіп, дәнін, өңезін алып тастап, ыдыс үшін пайдаланатын асқабақ тәрізді өсімдік.* **2.** этн. *Қауақтан жасалған ыдыс.* **3.** экспр. мысқыл. *Бас, ми, сана.*

**Қауақ домбыра.** этн. *Ортасынан бөлінген асқабақ сияқты етіп, жасалған домбыра.*

**ҚАУАҚ[2]** зат. сөйл. ***Қауашақ.***

**ҚАУАҚША[1]** зат. *Асқабақ тұқымдас өсімдік.*

**ҚАУАҚША[2]** зат. *Кішкене қауақ[2].*

**ҚАУАП** зат. жерг. ***Кәуап*** *(қой, сиыр, тауық етінен отқа қақтап пісірілетін тағам түрі, шашлық).*

**ҚАУАР** зат. этн. жерг. *Жеңіл арба.*

**ҚАУАС** зат. ескікіт. *Ақыл, ой, ес.*

**ҚАУАША[1]** зат. **1.** жерг. *Мақта.* **2.** *Мақтаның сыртқы қабығы.*

**ҚАУАША[2]** зат. этн. жерг. *Қабақтан істелген ыдыс.*

**ҚАУАШАДАЙ** сын. жерг. *Кішкентай, шағын.*

**ҚАУАШАҚ[1]** зат. бот. **1.** <лат. capsula> *Бір, екі және көп ұялы, көп тұқымды, қақырайтын, біріккен құрғақ жеміс.* **2.** *Өсімдік тұқымы (жемісі) орналасқан сауыт.* **3.** *Гүлдің, мақтаның басы, қауашық.*

**Қауашағы ашылған гүлдей**. *Ерекше, құлпырып.* **Қауашағы ашылмады**. *Жетілмеді, толыспады.* **Қауашақ ашты**. *Есейді, жетілді, өсті.* **Қауашақтан қарағандай**. бейн. *Қылтиып, ерекше сүйкімді кейіпте.*

**ҚАУАШАҚ[2]** зат. *Қорытылған металл құйып суытатын, жұқа қаңылтырдан немесе саз балшықтан жасалған науа тәрізді ыдыс.*

**ҚАУАШАҚ[3]** зат. сөйл. ***Сүзгі.***

**ҚАУАШАҚ[4]** зат. *Әртүрлі заттарды салып қоюға арналған қорапша.*

**ҚАУАШАҚ[5]** зат. **1.** сөйл. ***Қауақ***[1]. **2.** ауыс. *Бас, ми.*

**ҚАУАШАҚТАЙ** сын. **1.** *Қауашақ сияқты, қауашақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Кішкентай, тар.*

**ҚАУАШАҚТЫ** сын. биол. *Қауашағы бар, қауашақ болып келетін.*

**ҚАУГЕРІК** сын. жерг. *Аңғал, аңқау, әңгүдік.*

**ҚАУГЕРІКТІК** зат. жерг. *Аңқаулық, әңгүдіктік, аңғалдық.*

**ҚАУГӨРІК** зат. жерг. *Керосин шамының шынысы (лампасы).*

**ҚАУҒА[1]** зат. **1.** этн. *Малдың терісінен не, басқа заттардан жасалған, құдықтан су тартып алуға арналған шелек. // Үлкен, ірі, қауқиған.* **2.** кен. *Оқпан мен шурфтарды ұңгу, оқпанды тереңдету кезінде, қопарылған таужыныстарды шығару, материалдарды, адамдарды түсіріп, көтеру үшін қолданылатын ыдыс.*

**Қауға бас**. *Қауқиған, үлкен бас.* **Қауға сақал.** *Қалың сақал.* **Қауға сүтті болсын**. этн. тілек. *Құдықтан су алып, малды суарып тұрған кісіге айтылатын тілек.* **Қауға тартты.** *Құдықтан қауғамен су алды.*

**ҚАУҒА[2]** зат. жерг. *Есекке ерттейтін ер.*

**ҚАУҒАДАЙ** сын. **1.** *Қауға сияқты, қауға тәрізді.* **2.** ауыс. *Қауқиған, үлкен, көлемді, зор.*

**ҚАУҒАЛА=** ет. **1.** *Қауғамен су алу, қауға салу.* **2.** ауыс. *Аз-аздап, шым-шымдап, тамтұмдап.*

**ҚАУҒАЛАН=** ет. **1.** *Қауқию, үлкею.* **2.** *Жиналу, бас құрау.*

**ҚАУҒАЛАНУ** *Қауғалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУҒАЛАУ** *Қауғала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУҒАША** үст. *Қауғаға ұқсап, қауға тәрізді.*

**ҚАУҒАШЫ** зат. *Қауға тартушы, қауғамен құдықтан су алушы.*

**ҚАУҒЫР** сын. жерг. *Әлсіз, нәзік.*

**ҚАУҒЫРАС** зат. *Қара қытай.*

**ҚАУДАЙ** сын. **1.** *Қау сияқты, қау тәрізді.* **2.** ауыс. *Көп, қаптаған.*

**ҚАУДАН** зат. өс. **1.** *Қау туысына жататын далалы жерде өсетін ұзын ақ шөп.* **2.** жерг. *Өткен жылғы ескі шөп.*

**Қауданға тиген өрттей.** бейн. *Лапылдаған, жалындаған, қып-қызыл боп от шашқан.*

**ҚАУДАНДЫ** сын. *Қаудан қалың, қаудан өскен.*

**ҚАУДАНШЫЛЫҚ** зат. жерг. *Кек, дұшпандық.*

**ҚАУДАСЫН** зат. **1.** сөйл. ***Қаудан.*** **2.** жерг. *Шабылмаған қалың боз шөп.*

**ҚАУДИ=** ет. сөйл. ***Қауқи.***

**ҚАУДИТ=** ет. *Қауқиту, қауқайту.*

**ҚАУДИТУ** *Қаудит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДИЮ** *Қауди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДЫР[1]** елік. *Кепкен тері, мата, қағаз т.б. сияқтыларды ұстағанда, умаждағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қаудыр етті.** *Қаудырлады, қаудыр-қаудыр еткен дыбыс шығарды.* **Қаудыр қақты**. *Қаудырлады, қаудыр-қаудыр етті.*

**ҚАУДЫР[2]** сын. *Кепкен, қураған, қатқан.* **2.** ауыс. *Қаусаған, қартайған.*

**ҚАУДЫРА=** ет. **1.** *Кебу, құрғау; қаудырлау.* **2.** ауыс. *Қаусау, құр сүлдесі қалу.*

**ҚАУДЫРАҚ** сын. *Кеуіп қалған, қаудырлақ.*

**ҚАУДЫРАТ=** ет. *Қақиту, кептіру, қаудиту.*

**ҚАУДЫРАТУ** *Қаудырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДЫРАТЫС=** ет. *Бір мезгілде қаудыраған дыбыс шығарысу.*

**ҚАУДЫРАТЫСУ** *Қаудыратыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДЫРАУ** *Қаудыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДЫР-ҚАУДЫР: қаудыр-қаудыр етті**. *Қайта-қайта қаудырлады.*

**ҚАУДЫРЛА=** ет. *Қаудыр-қаудыр ету; қаудырау.*

**ҚАУДЫРЛАҚ** сын. *Қаудыр-қаудыр еткен, қаудырлаған.*

**ҚАУДЫРЛАТ=** ет. *Қаудырлаған дыбыс шығарту, қаудыр-қаудыр еткізу.*

**ҚАУДЫРЛАТУ** *Қаудырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУДЫРЛАУ** *Қаудырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЕНДІР** зат. жерг. *Қамқор, жанашыр.*

**ҚАУЕСЕТ** [ар. خباثة] зат. **1.** *Алыпқашпа сөз, өсек-аяң, өтірік.* **2.** пед. *Қоғамдық пікір мен көңіл-күйді, аудиторияның негізгі жалпы әлеуметтік стереотиптері мен ұстанымдарын және аймақтағы ақпараттық жағдаятты бейнелейтін сюжеті кең, көлемі диффузиялық тұлғааралық мәтін.*

**Қауесет қылды**. *Өсек-аяңға таңды, сыртынан сөйледі.* **Қауесет хабар**. *Суық сөз, алып қашпа әңгіме.*

**ҚАУЕСЕТ-ӨСЕК** зат. *Негізсіз әңгіме, өсек-аяң; дақпырт.*

**ҚАУЕСЕТШІ** зат. *Қауесет таратушы, қаңқу сөз айтушы.*

**ҚАУЖА=** ет. **1.** *Бірдеме жеп, жүрек жалғап алу.* **2.** ауыс. *Қажау, мазасын алу.* **3.** ауыс. жерг. *Олжа қылу; пайда түсіру.*

**ҚАУЖАЙЛА=** ет. **1.** *Қорек ету, талшық ету, жеу.* **2.** ауыс. *Тиісу, соқтығу, мазасын алу.*

**ҚАУЖАЙЛАУ** *Қаужайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАҚТА=** ет. *Жеу, жүрек жалғау, талшық ету.*

**ҚАУЖАҚТАУ** *Қаужақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАЛ=** ет. *Жүрек жалғау, аздап тамақтанып алу.*

**ҚАУЖАЛА=** ет. *Апыл-ғұпыл жеп тояттау, қаужау.*

**ҚАУЖАЛАН=** ет. *Жеу, оттау.*

**ҚАУЖАЛАНУ** *Қаужалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАЛАУ** *Қаужала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАЛУ** *Қаужал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАН=** ет. *Жүрек жалғау, әлдену; тамақтану.*

**ҚАУЖАНДЫР=** ет. *Тамақтандыру; әлдендіру.*

**ҚАУЖАНДЫРУ** *Қаужандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАНУ** *Қаужан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЖАҢ** зат. *Ішіп-жем, тамақ, азық.*

**ҚАУЖАҢДА=** ет. **1.** *Жеу, тамақ ішу.* **2.** *Оттау, малдың шөпті әрең тауып жеуі.*

**ҚАУЖАҢДАС=** ет. *Бірге тамақтану; әлжинасу.*

**ҚАУЖАҢДАСУ** *Қаужаңдас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЖАҢДАУ** *Қаужаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЖАТ=** ет. *Азық беру, тамақтандыру.*
**ҚАУЖАТУ** *Қаужат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЖАУ** *Қаужа етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЖАУЛА=** ет. *Қорек ету, жеу.*
**ҚАУЖАУЛАУ** *Қаужаула етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЖИ=** ет. сөйл. ***Қауқи***.
**ҚАУЖИЮ** *Қаужи етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЕНШЕ** үст. ескікіт. *Шама-шарқынша, хал-қадерінше, өз әлінше.*
**ҚАУЗА[1]=** ет. **1.** сөйл. ***Қаужа***. **2.** жерг. *Көсеу, отты көсеу, қағыстыру.* **3.** ауыс. *Күту, баптау, жайлау.*
**ҚАУЗА[2]=** ет. **1.** *Арпа, бидай дәнін тазалау; қауыздау.* **2.** ауыс. *Қазбалау, ежей-тегжейлі сұрастыру, бүге-шігесіне дейін білу.*
**ҚАУЗА=** ет. *Тездету, шапшаңдату, тез тындыру.*
**ҚАУЗАЛ=** ет. **1.** *Тазартылу, сұрыпталу.* **2.** ауыс. *Қозғалу, көтерілу (мәселе).*
**ҚАУЗАЛА=** ет. *Қаужалау, мыжғылау.*
**ҚАУЗАЛАУ** *Қаузала етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАЛУ** *Қаузал етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАН=** ет. *Қамдану, әзірлену.*
**ҚАУЗАНУ** *Қаузан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАҢҚЫРА=** ет. *Қаузай түсу, қаузай беру.*
**ҚАУЗАҢҚЫРАУ** *Қаузаңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАТ=** ет. *Даярлату, дайындату.*
**ҚАУЗАТТЫР=** ет. *Дайындатқызу, қам жасатқызу.*
**ҚАУЗАТТЫРУ** *Қаузаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАТУ** *Қаузат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗАУ** *Қауза етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЗЫ** [ар. حوض] зат. көне. *Қауыз, бұлақ көзі.*
**ҚАУКЕЛЕК** зат. *Әлсіз, босаң.*
**ҚАУКЕРІК[1]** сын. *Қауқары, күші қайтқан.*
**ҚАУКЕРІК[2]** сын. *Аңқау, аңғал, әңгүдік.*
**ҚАУКӨРІК** сын. *Көпірме, дабыра.*
**ҚАУҚАЙ=** ет. сөйл. ***Қауқи***.
**ҚАУҚАЙТ=** ет. **1.** *Қауқиту, дөңкиту.* **2.** ауыс. *Дабырайту, қолпаштау.*
**ҚАУҚАЙТҚЫЗ=** ет. **1.** *Дөңкиткізу, қауқитқызу.* **2.** ауыс. *Қолпаштату, дабырайтқызу.*
**ҚАУҚАЙТҚЫЗУ** *Қауқайтқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЙТУ** *Қауқайт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАҚТА=** ет. *Сасқалақтау, асып-сасып абдырау.*
**ҚАУҚАҚТАУ** *Қауқақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛАҚ**: **қауқалақ қақты**. *Қауқалақ-тады, елбелектеді.*
**ҚАУҚАЛАҚТА=** ет. *Елбелектеу, қауқаңдау.*
**ҚАУҚАЛАҚТАС=** ет. *Қалбалақтасу, жік-жапар болысу.*
**ҚАУҚАЛАҚТАТ=** ет. *Қалбалақтату, елбелектету.*
**ҚАУҚАЛАҚТАТУ** *Қауқалақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛАҚТАСУ** *Қауқалақтас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛАҚТАУ** *Қауқалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Қауқалақта***.
**ҚАУҚАЛАҢДАТ=** ет. *Жалбақтату, елбелектету.*
**ҚАУҚАЛАҢДАТУ** *Қауқалаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛАҢДАУ** *Қауқалаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЛДАҚ** зат. жерг. *Керосин шамының шынысы, әйнегі тұратын жер.*
**ҚАУҚАҢДА=** ет. *Қалбалақтау, жалбақтау; қауқалақтау.*
**ҚАУҚАҢДАС=** ет. *Жалбақтасу, қалбалақтасу.*
**ҚАУҚАҢДАСУ** *Қауқаңдас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАҢДАТ=** ет. *Жалбақтату, қалбалақтату.*
**ҚАУҚАҢДАТУ** *Қауқаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАҢДАУ** *Қауқаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАР[1]** зат. *Әл, күш, қуат.*
**Қауқары жоқ.** *Күш-қуаты кеміген, әлсіз; болдырған, шаршаған.* **Қауқары кетті [кеміді, қайтты].** *Әлсіреді, қартайды, күші болмады.* **Қауқарынан айырылды.** *Әлсіреді, күш-қуаты кеміді.*
**ҚАУҚАР[2]**: **қауқар тымақ**. этн. *Сеңсең бөріктің түрі.*
**ҚАУҚАРЛЫ** сын. **1.** *Қауқары, күші бар, қуаты мықты.* **2.** ауыс. *Қуатты, нәрлі, жұғымды.*
**ҚАУҚАРЛЫҚ** зат. *Күштілік, әлділік.*
**ҚАУҚАРСЫЗ** сын. *Күшсіз, әлсіз, дәрменсіз.*
**ҚАУҚАРСЫЗДЫҚ** зат. *Дәрменсіздік, әлсіздік.*
**ҚАУ-ҚАУ** зат. *Дуылдап қаумалағандық.*
**Қау-қауға алды.** *Ортаға алды, қаумалады, қолпаштады.*
**ҚАУ-ҚАУЛА=** ет. *Ортаға алу, қамалау, қоршау; көтермелеу.*
**ҚАУ-ҚАУЛАС=** ет. *Қауқылдасу, қолпаштап, мәре-сәре болысу.*
**ҚАУ-ҚАУЛАСУ** *Қау-қаулас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУ-ҚАУЛАТ=** ет. *Қауқылдату, шулату, даурықтыру.*
**ҚАУ-ҚАУЛАТУ** *Қау-қаулат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУ-ҚАУЛАУ** *Қау-қаула етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚАЮ** *Қауқай етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚИ=** ет. *Қомпию, дөңкию; қауқаю.*
**ҚАУҚИТ=** ет. **1.** ***Қампиту***. **2.** *Дабырайту, қолпаштау, төбеге көтеру.*
**ҚАУҚИТУ** *Қауқит етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚИЮ** *Қауқи етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚЫЛ** зат. жерг. *Дауыс, дыбыс, дабыр.*
**ҚАУҚЫЛДА=** ет. **1.** *Ашық-жарқын салдырлап сөйлеу, аңқылдау.* **2.** *Қалбалақтау, далбалақтау, жаны қалмау.*
**ҚАУҚЫЛДАҚ** сын. *Жалпылдақ, аққөңіл, аңғалақтаған.*
**ҚАУҚЫЛДАС=** ет. *Абыр-сабыр болысу, мәре-сәре болу, дабырласу.*
**ҚАУҚЫЛДАСУ** *Қауқылдас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚЫЛДАТ=** ет. *Қау-қаулату, дабырлату, даурықтыру.*
**ҚАУҚЫЛДАТУ** *Қауқылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚЫЛДАУ** *Қауқылда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУҚЫЛ-ҚАУҚЫЛ** үст. жерг. *Ауық-ауық.*
**ҚАУЛ** зат. ескікіт. *Сөз, тіл // Айту, сөйлеу, деу.*
**ҚАУЛА=** ет. **1.** *Жаппай өсу, тез көктеу (өсімдік).* **2.** ауыс. *Тез жану, лаулау, лапылдау (от).* **3.** ауыс. *Барған сайын күшейе түсу, өршу, үдеу (өсек, сөз т.б.).* **4.** ауыс. *Сан жағынан жаппай өсу, қауырт көбею; қаптау.* **5.** ауыс. *Биіктеу, молаю.*
**Қаулап шықты.** *Шамадан тыс, ерекше көбейді, қаптап кетті.*
**ҚАУЛАС=** ет. *Жапа-тармағай, жан-жақтан келіп кірісу, жабылу.*
**ҚАУЛАСУ** *Қаулас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЛАТ=** ет. *Өршіту, өрбіту, күшейту, тарату.*
**ҚАУЛАТУ** *Қаулат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЛАУ** *Қаула етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУЛЕН** зат. жерг. өс. *Қалың боз шөп.*
**ҚАУЛЫ[1]** [ар. قول] зат. **1.** *Жиналыста, мәжілісте қабылданған шешім, қарар.* **2.** ресми. *Жоғары алқалы басқару органдары өздерінің алдында тұрған негұрлым маңызды және принципті міндеттерді шешу мақсатымен қабылдайтын құқықтық құжат (акт).* **3.** заң. *Соттың үкімнен басқа жеке-дара қабылдаған әртүрлі шешімдері; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылдаған шешімдері.*
**Қаулы алды.** кіт. *Шешім қабылдады.* **Қаулы жазды**. көне. *Қаулы қабылдады, шешті.* **Қаулы қабылдады.** ресми. *Белгілі бір мәселе жайында қорытынды шығарымға келді.* **Қаулы қылды**. ресми. *Жиналыс қорытындысында қабылданған шешімді дауысқа сала отырып бекітті.* **Қаулы шығару**. ресми. *Жиналыстағы күн тәртібінде болған мәселе бойынша дауысқа сала отырып, шешім қабылдау.*
**ҚАУЛЫ[2]** сын. *Қау қалың өскен, қауы көп.*
**ҚАУЛЫ-ҚАРАР** зат. заң. *Жоғары заң шығарушы орган қабылдаған шешім.*
**ҚАУЛЫСЫЗ** сын. *Көпшіліктің шешімінсіз, келісімінсіз.*
**ҚАУМА[1]** зат. көне. *Жиын, мәжіліс.*
**ҚАУМА[2]** зат. жерг. *Ат тырмамен жиналған шөп үйіндісі.*
**ҚАУМАЖАУЛА=** ет. сөйл. ***Қаумала***.
**ҚАУМАЖАУЛАУ** *Қаумажаула етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУМАЙЛА=** ет. жерг. *Қаумалау, қоршау.*
**ҚАУМАЙЛАУ** *Қаумайла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУМАЛ** зат. экол. *Сирек кездесетін өсімдіктер, жануарлар мен жәндіктер түрлерін өсіріп, сақтау үшін арнайы бөлінген, мемлекет қамқорлығына алынған жер.*
**ҚАУМАЛА=** ет. **1.** *Қоршау, ортаға алу.* **2.** *Жабылу, бірге атқарысу.* **3.** *Қаптау, толу.* **4.** жерг. *Шөмелелеу.*
**ҚАУМАЛАС=** ет. *Қоршау, қауқылдасу, ортаға алу, мәре-сәре болу.*
**ҚАУМАЛАСУ** *Қаумалас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУМАЛАТ=** ет. *Қоршату, жан-жақтан қаптату.*
**ҚАУМАЛАТУ** *Қаумалат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУМАЛАУ** *Қаумала етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУМАЛАУШЫ** зат. *Ортаға алушы, қамалаушы.*
**ҚАУМЕТ[1]** [ар. قومة] зат. жерг. *Қауқар, күш, әл, шама.*
**ҚАУМЕТ[2]** зат. жерг. *Ас, тамақ, тағам.*
**ҚАУМЕТ[3]** зат. көне. *Адам, кісі, жан, тіршілік иесі.*
**ҚАУМЕТ[4]** зат. жерг. *Шықшытқа біткен сақал.*
**ҚАУПАЙЛА=** ет. сөйл. *Қауіп ойлау; қауіптену.*
**ҚАУПАЙЛАУ** *Қаупайла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУПАЛАҚ**: **қаупалақ қағу**. *Елпектеді, қалбалақтады.*
**ҚАУПАЛАҚТА=** ет. *Қалбалақтау, елпең қағу.*
**ҚАУПАЛАҚТАУ** *Қаупалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУПАҢДА=** ет. *Қалбалақтау, елпең қағу.*
**ҚАУПАҢДАТ=** ет. *Қалбалақтату, елбелектету.*
**ҚАУПАҢДАТУ** *Қаупаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚАУПАҢДАТҚЫЗ=** ет. *Қалбалақтатқызу, жалпаңдатқызу, елбең қақтыру.*

**ҚАУПАҢДАТҚЫЗУ** *Қаупаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУПӘЛЕК** зат. жерг. *Шамадан тыс көп шыққан қауын сабағы.*

**ҚАУПЕЙЛЕ=** ет. жерг. *Қауіптену.*

**ҚАУПЕЙЛЕУ** *Қаупейле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУПИ=** ет. *Қомпию, қампию.*

**ҚАУПИТ=** ет. *Дардай ету, қомақты етіп көрсету, кәукейту.*

**ҚАУПИТУ** *Қаупит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУПИЮ** *Қаупи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУПІЛДЕ=** ет. *Абыр-сабыр болып, қалбалақтау, елпілдеу.*

**ҚАУПІЛДЕУ** *Қаупілде етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУПІЛЕ=** ет. сөйл. *Қауіптену, қауіп қылу.*

**ҚАУПІЛЕУ** *Қаупіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУРА=** ет. *Үгітілу, қурау.*

**ҚАУРАУ** *Қаура етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСА=** ет. **1.** *Тозығы жету, ескіру.* **2.** *Босау, ыдырау; түсу.* **3.** ауыс. *Күш-қуаттан айырылу, әбден қартаю.* **4.** ауыс. *Айбыны кету, әлсіреу.*

**Қаусаған шалдай.** *Әбден қалжыраған, болдырған, қартайған.*

**ҚАУСАП-ҚИРА**= ет. *Адам қолымен жасалған заттардың (ғимарат, үй-жай, қорған, көпір т.б.) жойқын күштің, ұрып-соғу салдарынан быт-шыты шығып, қирауы.*

**ҚАУСАП-ҚИРАУ** *Қаусап-қира етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСАР** зат. ескікіт. *Ымырт, бейуақ, күн батар кез.*

**ҚАУСАР[1]** зат. сөйл. ***Кәусар.***

**ҚАУСАР[2]** зат. этн. *Адамға шабуыл жасайтын бураның аузына кигізілетін темір құрсау.*

**ҚАУСАРДАЙ** сын. жерг. **1.** *Қаусар сияқты, қаусар тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлкен, зор.*

**ҚАУСАТ**= ет. **1.** *Босату, ыдырату, сөгу.* **2.** *Бұзу, күйрету.* **3.** ауыс. *Күш-қуаттан айыру, іштей таусылып желіну; әлсірету.*

**ҚАУСАТУ** *Қаусат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСАУ** *Қауса етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫР=** ет. **1.** *Киген киімнің екі бойын, екі жағын тартып, түймеңің үстінен асырып бір-біріне айқастыру, қымтау.* **2.** ауыс. *Қысу, ығыстыру; қусыру.* **3.** ауыс. *Белгілі бір жасты дендеу, жасы ұлкею, еңсеру.* **4.** ауыс. *Меңгеру, игеру, үйрену.* **5.** ауыс. *Тапсыру, беру, қайтару.* **6.** ауыс. *Жабу.* **7.** ауыс. *Құшақтау, қойнына алу.* **8.** ауыс. *Қамту, басу.*

**Қаусырып алу.** әск. *Құрамалардың (бөлімдердің, бөлімшелердің) қарсыластың орналасқан жеріне шығу үшін және оның тобына қапталдан соққы беру мақсатында жүргізетін маневрі.*

**ҚАУСЫРМА[1]** зат. этн. **1.** *Әйелдердің қамзол, қынама бел шапан т.б. сырт киімдерінің алдыңғы екі бойын қаусырып ұстап тұратын, белдіктің басы сияқты әшекейлі ілгек; қапсырма.* **2.** жерг. *Сырткиім.*

**ҚАУСЫРМА[2]** зат. геол. *Тектоникалық қозғалыстардан жер қыртысын құраушы қабаттардың жарылып бұзылуы және олардың қалыпты жатысының өзгеріп, шалыс жатысқа келуі.*

**ҚАУСЫРМА[3]** зат. тамақ. *Ашыған қамырдан әртүрлі салма салып әзірленген, шеті қаусырыла бүктелген тәтті тағам.*

**Қаусырма нан.** жерг. тамақ. *Етке салу үшін жайған нанның қабаттап қаусырылған түрі.*

**ҚАУСЫРМА[4]** сын. **1.** *Айқасып келген, қаусырылған.* **2.** *Екі жағына ашылатын жарма (есік).* **3.** ауыс. *Адамның жағы.*

**Қаусырма өркеш.** кәс. түйешар. *Айыр өркешті түйенің екі өркеші бір жағына қарай қисаймай, екі жағына қайшыланып, қисайып кеткен өркеші.*

**ҚАУСЫРМАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені айқастыру, бүктеу.* **2.** ауыс. *Қоршалау, ортаға алу, тықсыру, ығыстыру.* **3.** ауыс. *Қыспаққа алу, тақымдап қуу, соңына түсу.*

**ҚАУСЫРМАЛАН=** ет. *Біріктірілу, бірбіріне ұласу; жалғасу.*

**ҚАУСЫРМАЛАНУ** *Қаусырмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРМАЛАТ=** ет. *Бірнеше рет ашып-жауып, жиыру.*

**ҚАУСЫРМАЛАТУ** *Қаусырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРМАЛАУ=** ет. *Қаусырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРМАЛЫ** сын. **1.** *Қаусырылған, екі жағы бір-бірімен айқасқан.* **2.** *Екі жағына ашылатын, жарма.* **3.** этн. *Қаусырма ілгегі бар, қаусырма тартылған (қамзол).*

**Қаусырмалы белбеу.** этн. *Екі ұшын айқастырып ұстатқан топсалы белдік.* **Қаусырмалы үлек.** кәс. *Өркештері бірі оңға, екіншісі солға қарай айқасқан түйе.* **Қаусырмалы ілгек**. жерг. *Топсалы, қаусырма ілгек.*

**ҚАУСЫРТ=** ет. *Жанын жегідей жеу, іштен тыну, ішқұсалану.*

**ҚАУСЫРТУ** *Қаусырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРУ** *Қаусыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРУЛЫ** сын. *Қаусырылған, айқастырылған.*

**ҚАУСЫРЫЛ=** ет. *Айқастырылу, бір-біріне қабаттастырылу.*

**ҚАУСЫРЫЛУ** *Қаусырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРЫМ** зат. *Аумақ, көлем.*

**ҚАУСЫРЫН=** ет. *Киімнің алдын қолмен айқастыра жабу, орану.*

**ҚАУСЫРЫНУ** *Қаусырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУСЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Қаусыра түсу, қымтана түсу.*

**ҚАУСЫРЫҢҚЫРАУ** *Қаусырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУТАҢДА=** ет. *Қалбаңдау, қалбақтау.*

**ҚАУТАҢДАТ=** ет. *Қалбаңдату, қалбалақтату.*

**ҚАУТАҢДАТУ** *Қаутаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУТАҢДАУ** *Қаутаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫЗ** зат. биол. **1.** *Астық дәнінің қабығы.* **2.** *Гүл басының жұқа қабы, гүл жапырақшасы.* **3.** *Аналық жатынның ішіндегі тұқым бүршігінің жабындысынан пайда болған тұқымның сыртындағы тығыз қабық.* **4.** *Жұмыртқа қабығы.* **5.** ауыс. *Іші бос, даңғырлақ, мәнсіз, мағынасыз нәрсе.*

**Қауыз ашты**. а) *Гүл жарды, гүлдеді.* ә) бейн. *Бақыт көрді, бақытты болды.* **Қауыз жарды**. а) *Ашылды, құлпырды.* ә) *Ашылып, әңгіме айтты, сырласты; ішіндегісін шығарды.*

**ҚАУЫЗ** ир. зат. ескікіт. ***Әуез.***

**ҚАУЫЗ[2]** зат. сөйл. ***Хауыз***.

**ҚАУЫЗДАЙ** сын. **1.** *Қауыз сияқты, қауыз тәрізді.* **2.** ауыс. *Шағын, кішкене.*

**ҚАУЫЗДАН=** ет. *Қабық пайда болу.*

**ҚАУЫЗДАНУ** *Қауыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫЗДАУ: қауыздау киіз.** этн. жерг. *Бесік тақтайының үстіне салатын киіз.*

**ҚАУЫЗДЫ** сын. *Қауызы бар, қабықты.*

**ҚАУЫЗСЫЗ** сын. *Қабығы жоқ, қабықсыз.*

**ҚАУЫҚ** зат. сөйл. жерг. ***Қабық***.

**ҚАУЫЛ** зат. сөйл. ***Қаулы, келісім***.

**ҚАУЫЛДЫРЫҚ** зат. **1.** *Қамыстың жапырағы.* **2.** жерг. *Қамыстың үлпілдек басы.*

**ҚАУЫЛДЫРЫҚТАЙ** сын. *Қауылдырық сияқты, қауылдырық тәрізді.*

**ҚАУЫМ[1]** [ар. قوم] зат. **1.** әлеум. *Рулық-туыстық байланыстар негізінде пайда болған әлеуметтік ұйымдастық.* **2.** *Адамдардың тобы, жиыны, халық.* **3.** *Ағайын-туыс, дос-жаран.* **4.** *Жануарлар, жәндіктер тобы (үйірі).* **5.** жерг. *Көп шоғырланған бейіт, зират, қорым.* // *Көп, бірсыпыра.*

**Қауым болды.** *Бірікті, бас қосып, тірлік етті.* **Қауымға кірді.** *Көпшілікке қосылды.* **Қауымды қорғады [құрметтеді].** *Көпшілікке ізет көрсетті, шын ықыласымен қызмет етті.* **Қауым жұрт.** *Дүйім жұрт, бір ауыл-аймақтың адамы.* **Қауымның қамын ойлады.** *Көптің қамын жеді, қамқорлық көрсетті.* **Қауымына қайтпады.** бейн. *Өскен ортаға оралмады.*

**ҚАУЫМ[1]: қауым қылды.** жерг. *Ұйғарым жасады, бәтуаға келді.*

**ҚАУЫМА** зат. этн. жерг. *Мақталы шапан.*

**ҚАУЫМДАН=** ет. *Бас қосып, бірігу, топ құру.*

**ҚАУЫМДАНУ** *Қауымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫМДАС=** ет. **1.** *Бірлесу, ынтымақтасу, ұйымдасу.* **2.** *Белгілі бір мүддені көздеген, іс-әрекеті, қызметі мен құқығы заңдастырылған, арнайы құрылған қоғамдық, халықаралық ұйым.*

**ҚАУЫМДАСТЫҚ** зат. **1.** <лат. associatio> *Бірлестік, одақ; ортақ шаруашылық мақсатқа жету үшін (мысалы, пайдадан үлес, салынған капиталдан дивиденд алу үшін), сондай-ақ, саяси, ғылыми, мәдени т.б. мақсаттарға жету үшін ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың шарт негізінде бірігуі.* **2.** *Ұйым, топ.*

**ҚАУЫМДАСТЫР=** ет. *Біріктіру, қосу.*

**ҚАУЫМДАСТЫРУ** *Қауымдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫМДАСУ** *Қауымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫМДЫҚ** сын. *Бірлескен, қоғамдасқан, қоғамдық.*

**ҚАУЫМ-ҚАУЫМ** үст. *Топ-топ, жиынжиын.*

**ҚАУЫМ-ҚОҒАМ** зат. *Адам баласының қауымдаса, бірлесе өмір сүретін ортасы, әлеуметтік топ.*

**ҚАУЫМШЫЛ** сын. *Көпшіл, жұртшыл.*

**ҚАУЫМШЫЛЫҚ** зат. жерг. *Ру-ру, ата-ата бойынша қойылған зират; ата-бабалардың қойылған жері.*

**ҚАУЫН** зат. өс. <лат. cucumis melo> **1.** *Асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің сары, ашық сары, домалақ не сопақ, тәтті жемісі.*

**Қауын арық.** кәс. *Егіс даласындағы ең кішкене арықшалар.* **Қауын бас**. кәс. *Сопақ бас, басы қауын секілді.* **Қауынға жанышқан сөк.** тамақ. *Сары не күләбі қауынды қақ жарып, дәнінен тазартып, қабығын әр жерінен тіліп, сөк салып дайындайтын тәтті тағам.*

**ҚАУЫНДА=** ет. жерг. ***Қаула***.

**ҚАУЫНДАУ** *Қауында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫНДЫ** сын. *Қауыны көп, қауын жақсы өсетін.*

**ҚАУЫНДЫҚ** зат. **1.** *Қауын егілген, егетін жер.* **2.** сәулет. *Бағаналарды, колонналарды, есік пен терезе жақтауларын қауынға ұқсас форма бойынша бейнелейтін әшекейлер.*

**ҚАУЫНҚАҚ** зат. этн. тамақ. *Тығыз, құрамында қанты көп, әбден піскен қауынды жіңішкелеп тіліп, күннің көзіне кептіріп дайындаған тағам.*

**Қауынқаққа жанышқан сөк.** этн. тамақ. *Әлі кеуіп үлгермеген қауынқақты ұсақтап турап, сөк қосып, езгілеп, жаншып дайындайтын тағам (түрі).*

**ҚАУЫН-ҚАРБЫЗ** зат. *Қауын және қарбыздың жиынтық атауы.*

**ҚАУЫНҚҰРТ** зат. этн. тамақ. *Әбден піскен қауынды кесектеп турап суға қайнатып жасаған тағам.*

**ҚАУЫНШАҚ** зат. этн. муз. *Домбыра тетігі, тілше, шанақша.*

**ҚАУЫНШАҚТАЙ** сын. *Қауыншақ сияқты, қауыншақ тәрізді.*

**Қауыншақтай пісу.** *Бойжету, толысу.*

**ҚАУЫНШЕК** зат. этн. тамақ. **1.** *Қауынды жіңішкелеп тіліп, ішек сияқты етіп өріп,*

*кептіріп жасалған тағам.* **2.** ж е р г. *Қауынның кішірегі.*

**ҚАУЫНШЫ** з а т. к ә с. *Қауын салушы, қауын егуші.*

**ҚАУЫР** ү с т. е с к і к і т. *Ию-қиу, қарбалас, абыр-сабыр.*

**ҚАУЫР-ДАУЫР** ү с т. ж е р г. *Ию-қию, қарбалас, абыр-сабыр.*

**ҚАУЫРСАҚ** з а т. з о о л. ж е р г. *Қаратоpғайдан кішірек тау баурайын мекендейтін құс.*

**ҚАУЫРСЫН** з а т. **1.** *Құстың қанаты мен құйрығының ұзын талшығы.* **2.** з о о л. <лат. pennae> *Құстардың денесінің көпшілік бөлігін жауып, қауырсындануды қалыптастыруға қатысатын теріде пайда болған мүйіз текті түзіліс.* **3.** а у ы с. *Қымбат, ардақты адам; бар жауапкершілікті, қиындықты өзі көтерген кісі.*

**Қауырсын жебе**. э т н. *Қауырсыннан жасалған немесе қауырсын байлаған оқ, жебе.* **Қауырсын қалам**. *Құстың қауырсынынан жасалған қалам.* **Қауырсын қанат.** б е й н. *Түрлі түске боялған әсем көрініс.* **Қауырсын қапшығы.** *Қауырсын бөлігі.* **Қауырсыны қатпаған**. *Жетілмеген, өспеген, жас.* **Қауырсыны қатты**. *Жетілді, өсті, қатайды.* **Қауырсыны сөгілді.** б е й н. *Жарақатталды, қиналды.*

**ҚАУЫРСЫНДАЙ** с ы н. **1.** *Қауырсын сияқты, қауырсын тәрізді.* **2.** а у ы с. *Жеп-жеңіл, салмақсыз.*

**ҚАУЫРСЫНДАН=** е т. *Қауырсын өсіп шығу, қанаты қатаю.*

**ҚАУЫРСЫНДАНУ** *Қауырсындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫРСЫНДЫ** с ы н. *Қауырсыны бар, қауырсын шыққан.*

**ҚАУЫРСЫНСЫЗ** с ы н. *Қауырсыны жоқ, қауырсын өспеген.*

**ҚАУЫРСЫНША** ү с т. *Қауырсын сияқты, қауырсынға ұқсап.*

**ҚАУЫРТ** ү с т. **1.** *Жаппай.* **2.** *Кенет, тез.* **3.** *Асығыс, тез арада.*

**Қауырт соғыс.** ә с к. *Қысқа мерзім ішінде қарсыластарын толық жеңу мақсатын көздейтін соғыс.*

**ҚАУЫРТТА=** е т. ж е р г. *Қанағаттану, тояттау.*

**ҚАУЫРТТАН=** е т. *Қарқын алу, үдеу, өршу.*

**ҚАУЫРТТАНДЫР=** е т. *Қарқындату, үдету, өршіту.*

**ҚАУЫРТТАНДЫРУ** *Қауырттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫРТТАНУ** *Қауырттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫРТТАУ** *Қауыртта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫРТТЫҚ** з а т. *Шұғылдық, асығыстық, тығыздық.*

**ҚАУЫС**[1] [ар. قوس] з а т. к ө н е. *Күздің соңғы айы; қараша.*

**ҚАУЫС**[2] з а т. ж е р г. *Су бетіне қатқан жұқа мұз.*

**Қауыс тұрды.** ж е р г. *Жұқа мұз қатты.*

**ҚАУЫС**[1]**=** е т. **1.** с ө й л. ***Қауышу*** *(ұшырасу, кездесу, табысу, жолығу).* **2.** *Айқасу.*

**ҚАУЫС**[2]**=** е т. ж е р г. *Күннің батуы.*

**ҚАУЫС-ҚАУЫС** о д. ж е р г. *Түйенің інгенін ботасына шақыру сөзі.*

**ҚАУЫСТЫР=** е т. **1.** *Айқастыру, қабыстыру.* **2.** *Құшақтасу.* **3.** а у ы с. *Табыстыру, жақындастыру, қауыштыру.*

**ҚАУЫСТЫРУ** *Қауыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУЫСУ**[1] *Қауыс*[1] *етістігінің қимыл атауы; қауышу.*

**ҚАУЫСУ**[2] *Қауыс*[2] *етістігінің қимыл атауы; күннің батуы.*

**ҚАУЫШ=** е т. *Ұшырасу, бетпе-бет келу.* **2.** *Кездесу, табысу, жүздесу.*

**Қауышқан күн.** *Жақын адаммен кездескен сәт, уақыт; адамның бақытты сәті.* **Қауышпаған арман.** п о э т. *Орындалмаған тілек, жете алмаған арман.*

**ҚАУЫШ**[1] з а т. э т н. ж е р г. *Тұскиіз, тұсқа ұстайтын оюлаған киіз.*

**ҚАУЫШ**[2] з а т. к ә с. ж е р г. *Бой жүгерінің жастай орылған кезі.*

**ҚАУЫШПА** з а т. к е н. *Кен ішіндегі бағалы минералды түйіршіктердің өзара және бос таужыныс материалдарымен байланысып (қауышып) құраған шоғырлары.*

**ҚАУЫШТЫР=** е т. *Кездестіру, табыстыру.*

**ҚАУЫШТЫРУ** *Қауыштар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІП** [ар. خوف] з а т. **1.** *Қорқыныш, үрей; сақтық.* **2.** и н ф. *Мәліметтерді абайсызда немесе әдейі бұзу, жария қылу және рұқсатсыз өзгерту, ақпаратты ұрлау және тағы осы сияқты әрекеттерден төніп тұрған қауіп.*

**Қаупін үзді.** *Ойынан қайтты, күмәннен арылды.* **Қауіп белгісі.** *Қатерлі жағдай, аймақ жөнінде ескерту жасайтын шартты белгі.* **Қауіп етті**. *Қауіп қылды, қорықты, үрейленді.* **Қауіп келді.** *Қатер төнді, зиянын тигізетін қауіп-қатер жақындады.* **Қауіп кірді.** *Қауіптенді, қорықты, үрей пайда болды.* **Қауіп қылды**. *Қауіптенді, қорықты.* **Қауіп ойлады [күтті]**. *Қорықты, қауіптенді.* **Қауіптен ойды бұлтартты**. п о э т. *Қатерден арылды, күмәннен сейілді.* **Қауіп төнді**. а) *Қауіп-қатер жақындады.* ә) *Адам өміріне қауіпті жағдай болды.* **Қауіп туды**. *Қауіп пайда болды, қатер туды.* **Қауіптің басы қайтты.** *Төнген қатер сейілді; қауіпсіздік шарасы қолданылды.* **Қауіпті серпіді.** *Қатер азайтты, қауіптен құтқарды.*

**ҚАУІП-КҮДІК** з а т. *Қауіп-қатер, үрей.*

**ҚАУІП-ҚАТЕР**[1] з а т. **1.** *Адам өміріне зиянын, залалын тигізетін жағдай, нәрсе, оқиға.* // *Қорқынышты, қатерлі.* **2.** и н ф. <лат. threat> *Рұқсат етілмеген қатынас құру кезінде қандай да бір тәсілмен ақпаратты өңдеуге тыйым салатын немесе ақпараттың бүлінуінен сақтайтын қызмет құралдарының істен шығуы.*

**Қауіп-қатерден сақтады**. *Қауіпсіз жағдайға жетті, қорқыныш, үрей сейілді.*

**ҚАУІП-ҚАТЕРЛІ** с ы н. *Қорқынышты, үрейлі; қауіпті.*

**ҚАУІП-ҚАТЕРСІЗ** с ы н. *Қорқынышсыз, үрейсіз; емін-еркін, алаңсыз.*

**ҚАУІПСІЗ** с ы н. **1.** *Ешқандай қауіп жоқ, қатерсіз, қорқынышсыз.* **2.** *Залалсыз, зияны жоқ.*

**Қауіпсіз кету шебі.** ә с к. *Басшылық белгіленген ядролық жарылыс орталығынан (эпицентрден) өз бөлімшелері мен бөлімдерін ұрыс техникасымен бірге қауіпсіздік жағдайында алып кетуін анықтайтын шартты сызық.*

**ҚАУІПСІЗДЕН=** е т. *Қауіп ойлау, күдіктену, сақтану.*

**ҚАУІПСІЗДЕНДІР=** е т. *Залалсыздандыру, қатерсіздендіру.*

**ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ** *Қауіпсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПСІЗДЕНДІРІЛ=** е т. *Қатердің алды алыну.*

**ҚАУІПСІЗДЕНДІРІЛУ** *Қауіпсіздендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПСІЗДЕНУ** *Қауіпсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПСІЗДЕУ** с ы н. *Қауіпі аздау, қатерсіздеу.*

**ҚАУІПСІЗДІК** з а т. **1.** *Қаупі жоқтық, қатерсіздік.* **2.** қ ұ қ ы қ. *Жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы.* **3.** а у ы с. *Қорғаушы, күзетуші.*

**Қауіпсіздік ережелері.** *Ауыр, техникалық жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің заң күші бар негізгі қағидалары.* **Қауіпсіздік кеңесі**. *Жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғаудың ұйымдастырылған кеңесі.* **Қауіпсіздік коэффициенті.** к е н. *Кен денесінің объект астындағы жер қойнауында орналасу тереңдігінің сол кен қабатының қалыңдығына қатынасын анықтайтын көрсеткіш.* **Қауіпсіздік құрылғылары.** т е х. *Түрлі электрлік аппараттарды жермен қосу (электр тоғының қауіпті әсерінен қорғану мақсатында), қауіпсіздік белдіктер (биікте жұмыс істегенде) т.б.* **Қауіпсіздік нысандары.** қ ұ қ ы қ. *Жеке адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғамның жадығаттық және рухани құндылықтары; мемлекеттің конституциялық құрылымы, егемендігі, аумақтық тұтастығы.* **Қауіпсіздік техникасы.** т е х. *Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық шаралар мен құралдар жүйесі.* **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету.** а) *Еңбек ету барысында сақталуға тиіс міндетті талаптар, шаралар жүйесі.* ә) с п о р т. *Шыңға өрмелегенде не саяхатқа шыққанда мүмкін болатын кездейсоқ жағдайлардың алдын алу шаралары.*

**ҚАУІПСІН=** е т. *Қауіптену, қауіп ойлау, үрейлену, сақсыну, қорқу.*

**ҚАУІПСІНУ** *Қауіпсін етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПТЕН=** е т. *Қауіп ойлау, үрейлену, мазасыздану, қатерден күдіктену, сескену.*

**ҚАУІПТЕНДІР=** е т. *Үрейлендіру, қауіп ойлату, секем тудыру.*

**ҚАУІПТЕНДІРУ** *Қауіптендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПТЕНУ** *Қауіптен етістігінің қимыл атауы; үрейлену, қорқыныш билеу.*

**ҚАУІПТЕНІҢКІРЕ=** е т. *Қауіп ойланыңқырау, үрейленіңкіреу, қорқыңқырау, күдіктеніңкіреу.*

**ҚАУІПТЕНІҢКІРЕУ** *Қауіптеніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАУІПТІ** с ы н. **1.** *Қорқынышты, күдікті, үрейлі, шошитындай.* **2.** *Қатерлі, қатер төндіретіндей.* **3.** *Зиянды, залалды.*

**Қауіпті аймақ**. к е н. *Кен қазу жұмыстарын жүргізуге немесе адамдардың жүріп, тұруына қауіп төндіретін апатты аймақ.* **Қауіпті белдем**. э к о л. *Өндірістің зиянды факторының әсері болуы мүмкін кеңістік.* **Қауіпті жағдайда қалдыру**. з а ң. *Қарт, науқас адамды, кішкентай баланы, өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдырған жеке адамға қарсы қылмыс түрі.* **Қауіпті кезең.** ә с к. *Жағдайдың біртіндеп немесе күрт шиеленісу кезеңі, соғыстың басталуының алды.* **Қауіпті қалдықтар**. э к о н. *Адамның технологиялық әрекеттерінің,сондай-ақ қауіпті қасиеттері немесе жұқпалы аурулардың қоздырғыштары бар немесе өздігінен басқа заттектермен қосылғанда адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды, қатерлі қалдықтар.* **Қауіпті түсік**. м е д. *Әйел денсаулығына зиянын тигізетін, ауру тудыратын жасанды түсік.*

**ҚАУІПТІЛЕУ** с ы н. *Қауіптірек, қатерлірек, залалдылау.*

**ҚАУІПТІЛІК** з а т. *Қатерлілік, қорқыныштылық, жаман салдарға бастайтын жағдай, үрейлілік.*

**Қауіптілік класы**. э к о л. *Ластағыш заттар.*

**ҚАУІПТІРЕК** с ы н. *Қатерлірек, қорқыныштырақ, зияны мен зарары басым.*

**ҚАУІПШІЛ** с ы н. к ө н е. *Қауіп ойлағыш, үрейленгіш, секемшіл.*

**ҚАФИЛ**[1] ар. з а т. е с к і к і т. *Ілгек, ілмек.*

**ҚАФИЛ**[2] ар. з а т. е с к і к і т. *Топ, керуен.*

**ҚАХАТШЫЛЫҚ** т. з а т. е с к і к і т. *Құрғақшылық.*

**ҚАХТАЛЫҚ** ир. з а т. е с к і к і т. **1.** *Құрғақтық, құрғақшылық.* **2.** *Жұт, зобалаң.*

**ҚАҺ** о д. *Итті шақырғанда айтылатын дыбыс, кә-кә!*

**ҚАҺА** з а т. к ө н е. *Ызғар, суық, сүркей.*

**ҚАҺАН** з а т. к ө н е. ***Қаған*** *(хан, билеуші, әмірші.*

**ҚАҺАР** [ар. قهر] з а т. **1.** *Кәр, ашу, ыза, айбар, сұс, суық жүз.* **2.** *Ызғар, суық, сүркей.* **3.** а у ы с. *Жойқын күш, қайрат, әл.* **4.** а у ы с. *Құдіретті, бағындырушы; Алла тағаланың 99 есімінің бірі.*

**Қаһар биледі.** *Ашуланды, ашуға мінді.* **Қаһарға мінді.** *Кәріне мінді, ашу мен ызаға булықты.* **Қаһар жалыны.** бейн. *Ашудың сұсы, кәрі.* **Қаһар қылды.** *Қатты ашуланды, кәрін төкті, терісіне сыймады.* **Қаһар төкті.** а) *Ашуланды, сұстанды, кәрленді.* ә) бейн. *Жаңбыр аямай құйды.* **Қаһар төндірді**. *Сұс пен кәрге, ашу-ызаға тап болды.* **Қаһары атсын.** қарғ. *Қарғыс пен кәрге жолықсын.* **Қаһарына [қаһарға] мінді.** *Қаһарланды, қатты ашуланды.* **Қаһарынан сескенді.** *Біреудің мысы басты, қорықты.* **Қаһарына ұшырады.** *Ашу кернеген ызаға душар болды.* **Қаһарын қайырды.** *Ашу-ызасын басты, сабасына түсірді, жұбатты.* **Қаһарын шақырды.** *Ашуын шақырды, сұстанды.*

**ҚАҺАРАНУ** *Қаһаран етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҺАРАТ** зат. көне. **1.** *Балағат, ұрыс, сөгіс, қатты ашуланудан шыққан бейпіл сөз.* **2.** *Ашу, айбын.*

**ҚАҺАРАТТА=** ет. *Балағаттау, ұрсу, сөгу, ақырып, зекіру.*

**ҚАҺАРАТТАУ** *Қаһаратта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҺАРЛАН=** ет. **1.** *Кәрлену, сұстану, терісіне сыймай шектен тыс ашулану, ызаға булығу.* **2.** ауыс. *Күшейе түсу, өршу.*

**ҚАҺАРЛАНУ** *Қаһарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАҺАРЛЫ** сын. **1.** *Айбатты, зәрлі, айбаты зор.* **2.** *Ашулы, жауын аямайтын қатулы.* **3.** *Қиямėтті, ауыр, тайғақ, қиын кезең.* **4.** *Сұсты, қайратты, жігерлі.* **5.** *Ызбарлы, ашудан шыққан, шерлі.* **6.** ауыс. *Қатал, қатты (мезгіл).* **7.** ауыс. *Атышулы, даңқты, айбарлы.*

**Қаһарлы күндер** поэт. *Ауыр, қиын кезең.*

**ҚАҺАРЛЫЛЫҚ** зат. *Қаһарлы болғандық, қаһарланғандық, айбаттылық, кәрілік.*

**ҚАҺАРЛЫРАҚ** сын. *Қаһарлылау, айбаттырақ, сұстырақ.*

**ҚАҺАРМАН**[1] зат. **1.** *Ер, батыр, ержүрек, қайратты, көптен бағасын алған адам.* **2.** әдеб. *Жағымды кейіпкер.*

**ҚАҺАРМАН**[2] [ар.+ир. قهرمان] сын. кіт. *Ер, батыр, батыл, ержүрек, табанды, қайратты, жігерлілігімен көзге түскен, айбынды, айбарлы.*

**ҚАҺАРМАНДАЙ** сын. *Қаһарман сияқты, қаһарман тәрізді.*

**ҚАҺАРМАНДЫҚ** зат. кіт. **1.** *Батырлық, ерлік, қайраттылық.* // *Батырлық, ержүректікті дәріптейтін, жырлаған.* **2.** *Ештеңеден қорықпайтын, ержүрек.*

**ҚАҺАРМАНША** үст. *Қаһарман сияқты, қаһарманға ұқсап.*

**ҚАҺАТ** зат. ескі кіт. **1.** *Зәрулік, мұқтаждық, тапшылық, жоқшылық.* **2.** *Аштық, жоқтық.*

**ҚАҺ-ҚАҺ** елік. ескікіт. *Жуан дауыспен, қарқылдап қатты күлгенде шығатын дыбыс.*

**Қаһқаһа айлады.** ескікіт. *Қарқылдап қатты күлді, ішек-сілесі қата күлді.* **Қаһқаһа күлді.** ескікіт. *Қарқылдап күлді, мәз болды.*

**ҚАҺРІ** зат. ескікіт. ***Қаһар.***

**ҚАҺУА** зат. ескікіт. ***Кофе.***

**ҚАҺУАХАНА** зат. ескікіт. *Кофе ішетін, сатылатын жер.*

**ҚАШ**[1] зат. ескікіт. *Асыл тас.*

**ҚАШ**[2]= ет. **1.** *Бір нәрседен қорқып безу, зыту.* **2.** *Жанын қорғау үшін қауіпсіз жерге бас сауғалау, жылыстау.* **3.** *Алыстау, ұстатпау, жоқ болып кету.* **4.** *Безіну, алшақтау.* **5.** ауыс. *Жалтару, құтылу.* **6.** ауыс. *Бас тарту, істегісі келмеу.* **7.** ауыс. *Қыздың ата-анасының рұқсатынсыз тұрмысқа шығуы.* **8.** ауыс. *Қарсы болу.*

**Қаша жөнелді.** *Тұра қашты.* **Қашқан жауға қатын ер**. *Босбелбеу, арты қуыс, бірақ өзінше қодыраңдаған, қоқақтаған кісі туралы айтылады.* **Қашып құтыла ма?** *Бұнсыз ешқайда бармайды, не көрсе де бірге көреді деген мағынада.* **Қашып құтылды.** *Безіп кетті, басын сауғалады.*

**ҚАШ**[3]= ет. *Қой, ешкі, сиыр сияқты малдардың шағылысуы, ұрықтануы, аталық пен аналық малдың қосылуы.*

**Қашпаған қара сиырдың уызы.** *Құрғақ уәде, болмашы үміт.* **Қашпаған қара сиырдың уызына қарады [уызын күтті].** *Болмайтын, еш нәрсе шықпайтын істен дәмеленді, босқа емексіді.* **Қашпаған сиырдың уызынан дәметті [қаратты]**. *Қолдан келмейтін іске дәмелендірді; бос сөзбен емексітті.*

**ҚАША** зат. *Қабырғасы қашалап жиналған мал қамайтын қоршау, төбесі ашық мал қора, малдың жатар орны.*

**ҚАША**= ет. **1.** *Қазу, тесу, ою, төңірегін жыру.* **2.** *Тасты шапқымен тесу, тасты ою.* **3.** *Жартас, тауды үңгірлеу, тесу.* **4.** *Жону, жасау, тұрғызу.* **5.** ауыс. *Сөз жұмсау, жыр жазу, көркемдеу.*

**Қашай сөйледі.** *Тиісе, шымши сөйледі, ілік іздеді.*

**ҚАШАБА** [ор. кошева] зат. жерг. *Ішіне 3-4 кісі сиятын, көшіп-қонуға ыңғайлы жеңіл шана.*

**ҚАШАҒА** зат. **1.** *Кітаптың, табақтың, шымылдықтың шеті, жиегі, ернеуі.* **2.** жерг. *Есік, терезенің пердесі.*

**ҚАШАҒАЙ** сын. жерг. *Қашық, алыс, ұзақ, көш жер.*

**ҚАШАҒАЙЛАУ** сын. жерг. *Қашықтау, алыстау.*

**ҚАШАҒАН**[1] сын. **1.** *Ұстатпайтын саяқ, тағы, жүген-құрық салдырмайтын, безіп қашып кететін.* **2.** *Бас сауғалап, қашып жүрген.* **3.** ауыс. *Далабезер, жеңілтек; күйеуден кетіп қалғыш.* **4.** ауыс. *Қол жеткізбейтін, ұстатпайтын, армандаған.* **4.** ауыс. *Жөңкілген.*

**Қашаған қуған жүйріктей.** *Өз бабындағы жүйрік, қуғанын құтқармайтын аттай.* **Қашағанның қырсығы жусағанға тиеді**. *Біреудің бүлдіргені басқаға тиеді деген мағынада.*

**ҚАШАҒАН**[2] зат. жерг. *Балық атауы.*

**ҚАШАҒАНДЫҚ** сын. *Ұстатпайтындық, асаулық.*

**ҚАШАҒАНШЫЛ** сын. **1.** *Қашып үйренген жылқы малы, саяқ, кеж, тағы, жеке-дара оқшау жүруді қалайтын (мал).* **2.** *Аттың ұшқыр жүрісті сипаты.*

**ҚАШАЙ-ҚАШАЙ=** ет. *Қайта-қайта жону, шабу.*

**ҚАШАЙЛА=** ет. *Жонғыштау.*

**ҚАШАЙЛАУ** *Қашайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАҚ**[1] зат. *Қашып, тасаланып күн көріп жүрген, қашқын адам.*

**ҚАШАҚ**[2] зат. **1.** вет. *Мал ауруы, бедеулік, малдың орталық жүйке жүйесінің қызметі бұзылуының бір белгісі.* **2.** *Күйіті қайтпайтын ұрғашы мал.*

**Қашақ сиыр.** кәс. *Бірнеше рет қашқан сиыр; тоқтамай қайта-қайта қаша беретін мал.*

**ҚАША-ҚАША** үст. *Тоқтамай, үздіксіз қашу.*

**ҚАШАҚТА=** ет. **1.** *Алыстау.* **2.** *Қашу, қашқалақтау.* **3.** ауыс. *Жоламау, басын алып қашу.*

**ҚАШАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Қаша түсу, қашқалақтау, кері тартыңқырау, қашыңқырау.*

**ҚАШАҚТАҢҚЫРАУ** *Қашақтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАҚТАТ=** ет. **1.** *Қашқызу, бездіру.* **2.** ауыс. *Бұлтарту, жалтарту.*

**ҚАШАҚТАТУ** *Қашақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАҚТАТЫҢҚЫРА** = ет. *Қашақтата түсу, бұрынғыдан бетер бездірту, алыстата беру.*

**ҚАШАҚТАТЫҢҚЫРАУ** *Қашақтатыңқыра етістігінің қимыл атауы*

**ҚАШАҚТАУ** *Қашақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАҚТЫҚ** зат. сөйл. *Бедеу ауруына шалдыққандық, күйіті қайтпаушылық.*

**ҚАШАЛ=** ет. **1.** *Шанышылу.* **2.** *Үңгілу, тесілу.* **3.** *Таста ойылу, кертілу.* **4.** *Жасалу, іргесі мықтап қалану.* **5.** *Жаралу, сомдалу.* **6.** *Орнатылу, тұрғызылу, салыну.*

**Қашалған тас.** *Шаршы түрінде ұқсатылған қасбет тұрғызылатын табиғи тас.*

**ҚАШАЛА=** ет. *Қаша орнату, қашамен қоршау, бекіту.*

**ҚАШАЛАН=** ет. **1.** *Салыну, тұрғызылу.* **2.** *Кертілу, оймышталу.*

**ҚАШАЛАНУ** *Қашалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАЛАУ** *Қашала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАЛУ** *Қашал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАЛЫ** сын. *Қашасы бар, қашаланған.*

**ҚАШАМА** зат. **1.** сөйл. *Қашалып тесілген ойық, көзелген тесік.* **2.** этн. қолөнер. *Сықырлауықтың топсасының орнына маңдайша мен табалдырықтан есіктің ашылып-жабылуын қамтамасыз ететін ойық, ұя.*

**ҚАШАМАЛЫ** сын. *Қашалған, қашалып, кертіліп, жырылып салынған.*

**ҚАШАН** есім. **1.** *Бір нәрсенің уақытын, мезгілін білу үшін қойылатын сұрау сөз.* **2.** *Қай уақытта деген мағынадағы ұзаққа созылған үдерістің тездетіп аяқталғанын қалайтын қолданыс.* // *Оған дейін, соған шейін, уақыты болғанша, мезгілі жеткенше деген үстеулік мағынада жұмсалады.* **3.** *-ғалы/-гелі қосымшалы сөздерден кейін келіп, талай уақыт өтті, көп уақыт болды деген мағынаны береді.*

**Қашан болсын [қашан болса да].** *Әр уақытта, әр кез; қай уақыт болсын.* **Қашанға дейін** . *Қай уақытқа шейін, қай мезгілге дейін.* **Қашан келеді**. *Қай кезде орындалар екен деген мағынада.*

**ҚАШАНҒЫ**[1] сын. *Баяғы, бір кездегі, ежелгі, бұрыннан, ежелден, баяғыдан бергі.*

**ҚАШАНҒЫ**[2] ес. *Үнемі, әрдайым.* // *Қашанға дейін (уақыты болды деген мағынада).*

**Қашанғы жарамазан [жарапазан] айтамыз да жүреміз!** *Қашанғы жалынып-жалбарынып, тілек тілеп жүре береміз.* **Қашанғы шыдайды**. *Бір күні төзімі таусылады, үзіледі деген мағынада.*

**ҚАШАНҒЫСЫНША** үст. *Баяғысынша, бұрынғысынша, қайсыбір бұрынғы әдетімен.*

**ҚАШАНҒЫША** үст. *Қашанға шейін, қай уақытқа дейін, ескішінше.*

**ҚАШАНДА** есім. *Әр кез, әр уақыт; қашан болса да, қай уақытта болса да.*

**ҚАШАННАН**[2] үст. **1.** *Ежелден.* **2.** *Көптен, бұрыннан.* **3**. *Ертеден, бұрыннан.* // *Үнемі.*

**Қашаннан бері.** *Қашаннан бері, қай кезден бері деген мағынада.*

**ҚАШАҢ** сын. *Алыс, қашық, жырақ, шалғай, ұзақ.*

**Қашаң тартты**. *Алыстады, жырақтады.*

**ҚАШАҢДА**[1]= ет. **1.** *Алыстау, жырақтау; қашу.* **2.** *Кеудесі жазылып, керіле түсу.*

**ҚАШАҢДА**[2]= ет. *Өңі кету, бозару.*

**ҚАШАҢДАТ=** ет. *Алыстату, жырақтату, қашқақтату.*

**ҚАШАҢДАТУ** *Қашаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАҢДАУ** сын. *Алыстау, қашықтау, жырақтау, ұзақтау.*

**ҚАШАҢДАУ** *Қашаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАША-ПҰСА** үст. сөйл. *Қашып-пысып, тығылып, бас сауғалап.*

**ҚАШАР**[1] зат. *Сиырдың, бұғының бір жастағы ұрғашысы, аналық төл.*

**ҚАШАР**[2] зат. *Мал қамайтын қора, мал қора.*

**ҚАШАРДАЙ** сын. *Қашар сияқты, қашар тәрізді.*

**ҚАШАР-ТАЙӨГІЗ** зат. *Сиыр малының қашар, тайөгіз араласқан төлі.*

**ҚАШАРЫ** зат. жерг. *Қарала алаша, алашаның түрі.*

**ҚАШАТ** = ет. *Шапқызу, тестіру, ойдыру, ұңғіту.*

**ҚАШАТТЫР=** ет. *Шаптырту, тестірту, ұңғіту.*

**ҚАШАТТЫРУ** *Қашаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАТУ** *Қашат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАУ**[1] з а т. **1.** *Ағаш, тас, темір сияқты қатты заттарды жонатын, ағашты бұрыштап тесетін, ойылап шабатын, құрал өңдейтін, ою-өрнек түсіретін құрал.* **2.** *Шапқы, бәкі.* **3.** к е н. *Ұңғу бетіндегі таужыныстарды бұзатын бұрғылау құралының негізгі элементі.*

**Қашау тәрізденді.** *Ұшкірленді.* **Қашау темір.** *Кесуге арналған жүзі бар құрал.*

**ҚАШАУ**[2] з а т. в е т. ж е р г. *Сиыр малының індеті, көк еті ісіп ауыратын ауру.*

**ҚАШАУ**[3] *Қаша етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАУА** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Қашаба*** *(ішіне 3-4 кісі сиятын көшіп-қонуға ыңғайлы жеңіл шана).*

**ҚАШАУБҰРҒЫ** з а т. к е н. *Ұңғыманы бұрғылау барысында тау жыныстарын механикалық тәсілмен бұзуға арналған бұрғылау саймандарының негізгі элементі.*

**ҚАШАУДАЙ** с ы н. **1.** *Қашау сияқты, қашау тәрізді.* **2.** а у ы с. *Тасқа ойылған оюдай.*

**ҚАШАУЛА=** е т. *Қашаумен тескілеу, ою, өрнек салу, қашау.*

**ҚАШАУЛАТ=** е т. *Қашаумен тескілету, ойғызу, өрнек салдыру.*

**ҚАШАУЛАТУ** *Қашаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАУЛАУ** *Қашаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАУТАС** з а т. құ р ы л. *Беті тегіс емес, бұжыр-бұжыр қаланатын тас.*

**ҚАШАУТІС** з а т. к ә с. *Малдың қашауға ұқсас ұшкір тісі.*

**ҚАШАУШЫ** з а т. к ә с. *Бір нәрсені, тасты т.б. қашаумен тесуші ұста, оюшы, мүсіндеуші.*

**ҚАШАУЫЛДА=** е т. с ө й л. *Қашыңқырау, қашқалақтау, жоламай безіңкіреу, алыстау.*

**ҚАШАУЫЛДАУ** *Қашауылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШАУЫШ** с ы н. *Қашайтын, қашаушы.*

**ҚАШИЯ** з а т. д і н и. ***Хашия*** *(кітап оқып отырғандағы шетіне жазып қоятын белгі).*

**ҚАШҚАҚ** с ы н. *Қаша беретін, қашқыш, бас тартқыш.*

**ҚАШҚАҚТА=** е т. *Жуымай жүру, іргесін аулақ салу, алыс жүру.*

**ҚАШҚАҚТАТ=** е т. *Іргесін аулақ салғызу, алыстату.*

**ҚАШҚАҚТАТҚЫЗ=** е т. *Қашқақтауға мәжбүр ету, жақындатқызбау, жолатқызбау.*

**ҚАШҚАҚТАТҚЫЗУ** *Қашқақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚАҚТАТУ** *Қашқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚАҚТАУ** *Қашқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚАЛАҚ** с ы н. **1.** *Қаша беретін, қашқыш, қашқақ.* **2.** а у ы с. *Әр жерде бір, сирек.*

**ҚАШҚАЛАҚТА=** е т. **1.** *Қашу, қашқақтау, аулақтау, жоламау.* **2.** а у ы с. *Істегісі келмеу, бас тарту.* **3.** а у ы с. *Шым-шытырық болып шашырау, бірқалыпқа түспеу.*

**ҚАШҚАЛАҚТАТ=** е т. *Қашқақтату, аулақтату, жолатпау, басын алып қашқызу.*

**ҚАШҚАЛАҚТАТУ** *Қашқалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚАЛАҚТАУ** *Қашқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚАН-БОСҚАН** з а т. *Белгілі бір әрекеттері үшін жасырынып, тығылып, көрінбей жүрген адамдар.*

**ҚАШҚАНДАЙ** ү с т. *Қашқақтағандай, бас тартқандай, жоламай алыстау.*

**ҚАШҚАН-ПЫСҚАН** з а т. с ө й л. *Қашып, тығылып, жасырынып жүрген адамдар.*

**ҚАШҚАР** з а т. э т н. ж е р г. ***Қашқар құман.***

**Қашқар құман.** э т н. *Мойны ұзын құман, мыс құман.*

**ҚАШҚАРГҮЛ** з а т. ө с. <лат. aster> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚАШҚУЫСТЫ** з а т. *Ағаштан қашалып істелген қайық.*

**ҚАШҚЫЗ=** е т. *Қашуға, зытуға түрткі болуы, алыстату.*

**ҚАШҚЫЗУ** *Қашқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШҚЫЛЫҚ-ҚУҒЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. *Қуғын-сүргін, қудалау.*

**ҚАШҚЫЛЫҚТЫ-ҚУҒЫЛЫҚТЫ** с ы н. с ө й л. *Қашып-қуып жатқан, аласапыран. // Қуғын-сүргін кезең.*

**ҚАШҚЫН** з а т. **1.** *Қашып жүрген, қуғын-сүргінде жүрген адам.* **2.** *Қылмысты болып, үй бетін көрмей, тау-тасты сағалап кеткен, елден безген адам.* **3.** *Соғыс кезінде майданнан қашқан, жасырынған адам.* **4.** а у ы с. *Өз заманына көңілі толмаған, пікірі үйлеспейтін адам туралы.*

**ҚАШҚЫН-БОСҚЫН** з а т. *Қашып, тығылып жүрген немесе өз еліндегі соғыстан қашқан, жер аударылған бөтен елдің адамдары.*

**ҚАШҚЫН-БОСҚЫНДЫҚ** з а т. *Қашып-пысу, бас сауғалауға ұшыраушылық.*

**ҚАШҚЫН-БҰЗЫҚ** с ы н. *Белгілі бір жағымсыз әрекет жасаған бұзық, есер.*

**ҚАШҚЫНДАЙ** с ы н. *Қашқын сияқты, қашқын тәрізді.*

**ҚАШҚЫНДЫҚ** з а т. **1.** *Қашып жүрушілік, қашып кетушілік.* **2.** ә с к. *Әскери адамның тұрған орнын өз еркімен тастап кетуі.*

**ҚАШҚЫН-ПЫСҚЫН** з а т. с ө й л. *Қашып-пысып жүрген, қарақшы адам; қаңғыған адам.*

**ҚАШҚЫНШЫ** з а т. с ө й л. *Біреуден немесе бірдеңеден қорқып жүрген адам, қашқын.*

**ҚАШҚЫШ** с ы н. *Қаша беретін, қашып кеткіш, жүрдек.*

**ҚАШПАДОП** з а т. о й ы н. *Допты алып қашқан ойыншыны қуып, допты алуға тырысатын балалар ойыны.*

**ҚАШТАН** з а т. ө с. *Қызыл қоңыр түсті жаңғақ дәні.*

**ҚАШТАУЫШ** з а т. э т н. *Майсия, жылқысия; көк, ақ жылқыда ғана болатын шажырқай тәрізді тері астынан шығатын домалақтау қара май.*

**ҚАШТЫР=** е т. *Қашуға түрткі болу, алыстату, қашыру.*

**ҚАШТЫРУ** *Қаштыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШУ** *Қаш етістігінің қимыл атауы; қой, ешкі, сиыр түліктерінің ұрықтану барысы, ата малға қосылу.*

**ҚАШУ-ПЫСУ=** е т. *Бас тарту, қашқақтау, кейіндеу, бой тасалау, бой қорғау.*

**ҚАШТЫРТ**[1]**=** е т. *Малды ұрықтандыру.*

**ҚАШТЫРТ**[2] **=** е т. *Қаштырып жіберуіне көмектесу.*

**ҚАШТЫРТУ**[1] *Қаштырт*[1] *етістігінің қимыл атауы; малды ұрықтандыру.*

**ҚАШТЫРТУ**[2] *Қаштырт*[2] *етістігінің қимыл атауы; қашырып жберуіне көмектесу, қол ұшын беру.*

**ҚАШУЛЫ** с ы н. **1.** *Өңі бұзылған, үрейлі, мазасызданған, қорыққан.* **2.** *Қашқан, безген.*

**ҚАШУШЫ** з а т. **1.** *Ұсталмау үшін бой тасалаушы, қашқын.* **2.** *Затты рұқсатсыз алып кетуші, ұры.*

**ҚАШУШЫЛЫҚ** з а т. *Қашып кетушілік, қашқандық.*

**ҚАШШЫ** з а т. ж е р г. *Тас қашаушы.*

**ҚАШЫ** з а т. **1.** *Ойпаң жерлерді су басып кетуден сақтау үшін, су қоймаларын жасау үшін топырақтан істелген ұзын үйінді; дамба, мор.* **2.** ж е р г. *Су шығып кетпес үшін істелген бөгет.*

**ҚАШЫҒЫРАҚ** с ы н. *Алысырақ, жырағырақ.*

**ҚАШЫҚ**[1] з а т. *Көктемде пайда болатын қансорғыш жәндік, қандаланың бір түрі.*

**ҚАШЫҚ**[2] с ы н. **1.** *Алыс, жырақ, шалғай, аулақ.* **2.** *Арасы ашық, алшақ.*

**Қашық болды.** *Аулақ болды, алыс жүрді.*

**Қашыққа жүзу.** с п о р т. *Ашық су айдынында алыс және өте алыс қашықтықтарға жүзу.* **Қашықтан ағытқыш.** т е х. *Электр қуатын, жарықты алыстан, белгілі бір қашықтықтан сөндіретін, ажырататын тетік.* **Қашықтан басқару.** а) и н ф. <ағыл. remote control> *Байланыс желісі бойынша басқарушы құрылғысында немесе компьютерден берілетін сигналдар немесе хабарламалар арқылы алыста орналасқан объектілерді басқару.* ә) ә с к. *Басқару пункттерінен белгілі бір қашықтықта орналасқан әртүрлі құрылғылар мен механизмдерді басқару.* **Қашықтан бергіш.** т е х. *Электр қуатын белгілі бір арақашықтықтан қамтамасыз ететін қосқыш тетік.* **Қашықтан жарғыш.** т е х. *Қопарылғыш заттарды алыстан жаруға мүмкіндік беретін тетік.* **Қашықтан қатынас құру.** и н ф. <ағыл. remote accoss> *Едәуір алыс қашықтыққа орналасқан және байланыс желісінің есептеуіш жүйесімен жалғастырылған терминал арқылы жүзеге асатын программалар мен мәліметтерге қатынас құру.*

**ҚАШЫҚ-ҚАШЫҚ** ү с т. *Бір-бірінен алыс-алыс (жерлер).*

**ҚАШЫҚСЫН=** е т. *Алыссыну, қашық санау.*

**ҚАШЫҚСЫНУ** *Қашықсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫҚТА**[1]**=** е т. *Алыстау, ұзау.*

**ҚАШЫҚТА**[2]**=** е т. в е т. *Қашық жұққан малдың мазаланып, тынышы кетуі.*

**ҚАШЫҚТАЛ=** е т. *Арасы алыстау.*

**ҚАШЫҚТАЛУ** *Қашықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫҚТАҢҚЫРА=** е т. *Қашықтай түсу, алшақтау, алыстау.*

**ҚАШЫҚТАҢҚЫРАУ** *Қашықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫҚТАТ=** е т. *Жырақтату, алыстату, алшақтату.*

**ҚАШЫҚТАТУ** *Қашқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫҚТАУ**[1] с ы н. *Алыстау, шалғайлау, алшақтау, ұзақтау.*

**ҚАШЫҚТАУ**[2] *Қашықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫҚТЫҚ** з а т. *Алыстық, арақашықтық.*

**Қашықтықты өлшеуіш радио.** ә с к. *Радио-толқындардың көмегімен қашықтықты өлшеуге арналған арнайы радиотехникалық қондырғы.*

**ҚАШЫҚТЫҚӨЛШЕУІШ** з а т. **1.** *Жергілікті жердегі қашықтықты тікелей өлшеулерсіз анықтауға арналған аспап.* **2.** с п о р т. *Шаңғы жарыстарында қашықтықты өлшеуге арналған аспап.*

**ҚАШЫЛА=**ет. **1.** *Казбалау, ор жасау.* **2.** ж е р г. *Бөгеу, байлау, жібермей тоқтату.*

**ҚАШЫҢҚЫ: қаны қашыңқы.** *Жүдеу, жүзі солғын.*

**ҚАШЫҢҚЫРА=** е т. *Алыстаңқырау, жырақтаңқырау, кейіндеңкіреу.*

**ҚАШЫҢҚЫРАУ** *Қашыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫП-БОС=** е т. *Қашу, үрку, босу, кету, қаңғу.*

**ҚАШЫП-БОСУ** *Қашып-бос етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫП-БҰҒУ** *Қашып-бұқ етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫП-БҰҚ=** е т. *Қашу, жасырыну, бұғу, тығылу.*

**ҚАШЫП-ПЫС=** е т. *Қашу, жасырыну, тасалану, бой тасалау, көрінбеу.*

**ҚАШЫП-ПЫСУ** *Қашып-пыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫР** з а т. *Бие мен есек айғырының шағылысуынан туған мал.*

**ҚАШЫР**[1]**=** е т. **1.** *Қашуға түрткі болу, мәжбүр ету, қуу, аулақ салу.* **2.** *Кетіру, аластау, алыстату.*

**ҚАШЫР**[2]**=** е т. *Малдарды шағылыстыру.*

**ҚАШЫРДАЙ** сын. *Қашыр сияқты, қашыр тәрізді.*

**ҚАШЫР-ҚҰШЫР** елік. **1.** *Тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Шақыр-шұқыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚАШЫРЛАТ=** ет. *Шақырлату, шақұр-шұқыр еткізу.*

**ҚАШЫРЛАТУ** *Қашырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫРЛЫ** сын. *Қашыры бар, қашыр мінген.*

**ҚАШЫРТ[1]=** ет. *Қашуға түрткі болу.*

**ҚАШЫРТ[2]=** ет. *Малдарды шағылыстыру, ұрықтандыру, ата малына қосу.*

**ҚАШЫРТҚЫ** зат. сушар. *Суармалы жерлердегі артық суды басқа жаққа бұратын, қашыратын, не бір жерге жинайтын желі, шұңқыр; су жүретін кішкене арық.*

**Қашыртқы арна [канал]**. сушар. *Артық суды мелиорациялау аумағынан тысқа ағызу үшін салынатын, қашыртқы желінің құрамындағы арна.* **Қашыртқы желі [жүйе].** сушар. *Канал, атыз, арық, құдық жүйесіндегі артық суды желілер арқылы жинау, басқа жаққа бұрып алып кететін желілер кешені.*

**ҚАШЫРТҚЫЛА=** ет. *Қашу, қашырту, аластату.*

**ҚАШЫРТҚЫЛАУ** *Қашыртқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫРТУ** *Қашырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАШЫРУ[1]** *Қашыр[1] етістігінің қимыл атауы; қашуға итермелеу, түрткі болу.*

**ҚАШЫРУ[2]** *Қашыр[2] етістігінің қимыл атауы; малды ұрықтандыру.*

**ҚАШЫРЫМ** зат. жерг. кәс. *Қойды қолдан ұрықтандыру, малды шағылыстыру кезі.*

**ҚАШЫРЫС** зат. *Аулаққа, жыраққа қашырып жіберу, ұзаққа алыстатып жіберу.*

**Қашырыс салды**. *Қашқақтады, тайсалақ-тады.*

**ҚАШЫРЫС=** ет. *Қашуға, аулаққа кетуге, бой тасалауға бәрі бірігіп түрткі болысу, көмектесу.*

**ҚАШЫРЫСУ** *Қашырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЩЫ** зат. *Тас қашаушы, тас қашаудың шебері.*

**ҚАЮ[1]** зат. қолөнер. *Қол тігісінің бір түрі, матадан тігілетін заттың астарынан инені өңіне шаншып шығарған соң, оны алдындағы ізбен қайтадан астына түсіреді де тағы ілгері шаншып, үстіне шығаратын тәсіл.*

**ҚАЮ** зат. ескікіт. *Хайуан, аң.*

**ҚАЮ[1]** ар. сын. *Күшті, зор.*

**ҚАЮ[2]** есім. көне. *Кейбір, кей.*

**ҚАЮ[3]** зат. жерг. кәс. *Біздің жіңішке түрі.*

**ҚАЮ[4]** *Қайы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЮБІЗ** зат. кәс. *Іс тігетін шебердің құралы; біздің жіңішке түрі.*

**ҚАЯЗ** зат. зоол. <лат. barbus> *Теңізде өсетін, арқасы қоңырлау, ұзындығы жарты құлаш, еті тәтті, тұқы тұқымдас балық.*

**ҚАЯЗДАН=** ет. *Кеберсу, құрғау, қаязылану.*

**ҚАЯЗДАНУ** *Қаяздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЯЗУ** *Қаязы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЯЗЫ=** ет. жерг. **1.** *Кебу, құрғау, кеберсу; кезеру.* **2.** *Шөлдеу, таңдайы құрғау.*

**ҚАЯЛ** зат. ескікіт. ***Қиял.***

**ҚАЯЛЫ** зат. көне. *Хал, амал.*

**ҚАЯН** зат. кәс. балықшар. *Сырты аң терісімен қапталған бір кісілік жеңіл қайық.*

**ҚАЯР** [ар. عيار] сын. *Қу, сұм, сұмырай, алдамшы, өтірікші.*

**ҚАЯРЛАН=** ет. *Қулану, айлакерлену.*

**ҚАЯРЛАНУ** *Қаярлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЯРЛЫҚ** зат. *Қулық, айлакерлік.*

**ҚАЯРЛЫҚСЫЗ** үст. *Қулықсыз, алдаусыз.*

**ҚАЯРСУ** *Қаярсы етістігінің қимыл атауы, қулану, мұсәпірсу.*

**ҚАЯРСЫ=** ет. *Алдамсырату, жәдігөйсу, мұсәпірсу.*

**ҚАЯТ** үст. *Мұқият, қалт, мүлтіксіз.*

**ҚАЯТТЫ** сын. *Нұрлы, ерекше, сиқырлы, аңыздағыдай.*

**ҚАЯУ** зат. **1.** *Көңілге түскен кір, мұң, кірбің.* **2.** *Уайым, қапа.*

**Қаяу көңіл.** *Қайғы-қасіреті мол, сынық көңіл.* **Қаяу салды.** *Көңілді қалдырды, ренжітті.* **Қаяуы жоқ**. *Таза, кіршіксіз.*

**ҚАЯУДАЙ** сын. **1.** *Титтей, кіршіксіз.* **2.** *Асылдың сынығындай, бағалы.*

**ҚАЯУ-ҚАЙҒЫ** зат. *Уайым, мұң.*

**ҚАЯУЛА=** ет. *Ренжіту, көңіліне кірбің салу.*

**ҚАЯУЛАН=** ет. *Уайымдау, мазасыздану, көңіліне кірбің келу, көңілі түсу.*

**ҚАЯУЛАНУ** *Қаяулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚАЯУЛАУ** сын *Ренжіңкі, жабығыңқы, мұңды, көңілсіздеу.*

**ҚАЯУЛЫ** сын. *Ренішті, мұңды, шерлі.*

**Қаяулы арқа.** малшар. *Табиғи бүтіндігі жоқ ақаулы арқа.* **Қаяулы сүйек.** малшар. *Сынып қайта біткен, кемістігі бар сүйек, табиғи бүтіндігінен айырылған сүйек.* **Қаяулы тұяқ.** малшар. *Тұрасына шеге тиген, ыстық-суықтан ақауы, жарығы бар тұяқ; кетілген, сынған тұяқ.*

**ҚАЯУЛЫҚ** зат. *Мұңлылық, шерлілік.*

**ҚАЯУСЫЗ** сын. **1.** *Мұңсыз, уайымсыз.* **2.** *Кіршіксіз, дақсыз, таза.* **3.** *Мінсіз, кілтипаны жоқ.* **4.** *Таза, адал, бейкүнә, пәк. // Кірбіңсіз, адал, пәк күйде.*

**Қаяусыз зар.** бейн. *Кіршіксіз, пәк, таза дауыс.*

**ҚАЯУСЫЗДЫҚ** зат. *Уайымсыздық, мұңсыздық, қайғысыздық, кіршіксіздік.*

**ҚАЯУШЫ** зат. жерг. *Сұраушы, қуушы, іздеуші.*

**ҚАЯУШЫЛ** сын. жерг. *Дықшыл, ашуланшақ.*

**ҚӘД** зат. ескікіт. *Шек, шегара.*

**ҚИ** зат. **1.** *Малдың, аңның, құстың саңғырығы, нәжісі; жапа, тезек.* **2.** малшар. *Қойдың қыстық қой қорада немесе төбесі ашық қорада ұзақ уақыт қамалуынан оның құмалақ, нәжіс, жапасынан пайда болатын тығыз жабынды.* **3.** *Малдың астынан пайда болған жабындыны ойып, кептіріп, отқа жағатын қызуы мол отын.*

**Қидың шоғы**. *Бірінің үстіне бірі текшелене қаланып жанып біткен қидың қызуы басылмаған қалдығы.* **Қи түйнек.** вет. *Мал ауруы; ішектің түйілуі.* **Қи шығарды.** *Пайда болған қиды ойып, күннің көзіне жайды.*

**ҚИ[1]** = ет. **1.** *Кесу, қырқу.* **2.** *Шабу, жару.* **3.** *Қысқарту.* **4.** *Ою, осу.* **5.** *Қажау.*

**Қиып алу**. инф. <ағыл. cut> *Құжаттың мәліметтерін бір орыннан басқа орынға, бір құжаттан басқа құжатқа немесе құжаттағы сөйлемді бір орыннан екінші орынға буфер арқылы ауыстыру әдісі.* **Қиып кестелеу.** қолөнер. *Көрпенің, жастықтың тыстарын, көйлек, блузкаларды кестелейтін кестелеу мәнері.* **Қиып түсірді.** *Шолт кесті.*

**ҚИ[2]=** ет. **1.** *Беру, аямау.* **2.** *Мойынсыну, шарасыздық көрсету.* **3.** *Жібергісі келмеу.* **4.** *Құрбан ету.* **5.** *Тастау, қол үзу, біржола айырылу, кету.*

**Қия баспады.** *Аттап ешқайда шықпады, ешқайда бармады.* **Қия бастырмады.** *Ұзатпады, бұлтартпады, бұра аттатпады.*

**ҚИ[3]=** ет. *Салыну, қалану.*

**ҚИАМ[1]** ар. зат. **1.** *Тік тұрегеп тұрған қалып.* **2.** діни. *Намаздағы негізгі парыздардың бірі, әр рәкатта «Құраннан» бір сүре оқылатындай уақыт тұру.*

**ҚИАМ[2]** зат. *Өмір, тіршілік.*

**ҚИАМ[3]** сын. **1.** *Тура, түзу.* **2.** ауыс. *Адал, шынайы.*

**ҚИАМ[1]=** ет. *Шегіну, кейін кету.*

**ҚИАМ[2]=** ет. **1**. *Намаздың әр рәкатында «Құраннан» бір сүре оқылатындай уақыт тұру.* **2.** ауыс. *Орындау, іске асыру.*

**ҚИАШ** зат. ескікіт. *Күн.*

**ҚИБАДАТ** зат. сөйл. ***Ғибадат.***

**Қибадат қылды.** *Сиынды, құлшылық етті.*

**ҚИБАСПАҚ** зат. вет. *Қойдың тұяқ ауруы.*

**ҚИБАТШЫ** сын. *Ұятсыз, жалақор.*

**ҚИБЛА** зат. ескікіт. ***Құбыла.***

**ҚИБЛАГАҺ** зат. ескікіт. *Демеу, тірек, сүйеніш.*

**ҚИБЫЖЫҚ** зат. сөйл. *Кібіртіктеген қозғалыс; қыбыжық.*

**Қибыжық қақты**. *Қибыжықтады, шыдамсызданды, қылпылдады.*

**ҚИБЫЖЫҚТА=** ет. *Қозғалақтау, қипаңдау, қуыстанып мазасыздану.*

**ҚИБЫЖЫҚТАУ** *Қибыжықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАҚ[1]** зат. саят. *Құстың тұмсығында болатын өткір, пышақ тәрізді өсінді.*

**ҚИҒАҚ[2]** зат. *Қолға, саусаққа түскен жара.*

**ҚИҒАҚ[3]** зат. бот. <лат. elymus> ***Қияқ*** *(қиякөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ҚИҒАШ** үст. **1.** *Қисық, көлденең.* **2.** *Түзу емес.* **3.** *Жөн емес. // Қитар, қыли (көз).* **4.** ауыс. *Теріс, бұрыс, қыңыр.*

**Қиғаш келді.** *Теріс келді, сәйкеспеді, қарсы тұрды.* **Қиғаш қабақ көрсетті**. *Қырын қарады, жақтырмады.* **Қиғаш қас**. а) *Иілген, қиылған қас, сұлу қыз.* ә) *Қыз, бойжеткен.* **Қиғаш қасты.** поэт. *Имек келген, жіңішке қасы бар (сұлу қызға қатысты).* **Қиғаш сөз.** *Қарсы, қыңыр айтылған пікір.* **Қиғаш тартты**. *Теріс бақты, қисық кетті.* **Қиғаш тігіс.** кәс. *Матаның көлденеңінен екі жібін, тігінен төрт жібін бастыра қиғаш бағытта тігілген тігіс түрі.*

**ҚИҒАШ-ҚИҒАШ** сын. **1.** *Үшкірленіп, қиғаштанып біткен, қалың (қас).* **2.** *Оңды-солды, бейберекет.*

**ҚИҒАШТА=** ет. **1.** *Көлденеңдеу.* **2.** *Көлегейлеу, басу.* **3.** *Созу, жоғары тарту.* **4.** *Бір бұрыштау, қиғаш ету.*

**ҚИҒАШТАЙ** үст. **1.** *Көзінің қиығымен, төңкере қарап.* **2.** *Көлденеңдей.* **3.** *Қиялай, шетінен.* **4.** ауыс. *Қисық, қыңырлана, қырсығып.*

**Қиғаштай ату**. әск. *Нысананың маңдай шебіне атыс қаруы мен зеңбіректерді 45 градус бұрыштан бағытталып жүргізілетін атыс түрі.* **Қиғаштай салды.** *Көлденеңдей, бұрыла жүрді.* **Қиғаштай тартты.** *Бұрыла шапты, көлденеңдей жүрді.*

**ҚИҒАШТАЛ=** ет. *Қиғаш етілу, көлбеулену.*

**ҚИҒАШТАЛУ** *Қиғаштал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТАМА** зат. *Мекеме бастығының, директор орынбасарының өтініш, арыз т.б. құжаттардың сол жақ жоғары бұрышына құжат мәтініне байланысты қысқаша нұсқауы; бұрыштама.*

**ҚИҒАШТАН=** ет. **1.** *Көзі жымсию, қисаю, бұра тартқысы келіп, сығыраю.* **2.** *Қиғаш болу, көлбеулену.* **3.** инф. <ағыл. skew> *Стандартты қалыппен салыстырғанда символдың немесе мәліметтер тасуыштың бұрыштық ығысуы.*

**ҚИҒАШТАНУ** *Қиғаштан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТАҢҚЫРА=** ет. *Бұрыңқырау, қисайтыңқырау.*

**ҚИҒАШТАҢҚЫРАУ** *Қиғаштаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТАС=** ет. *Үйлеспеу, қайшы келу.*

**ҚИҒАШТАСУ** *Қиғаштас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТАТ=** ет. **1.** *Қисайту, көлденеңдету.* **2.** *Басу, түсіру, қылтиту.*

**ҚИҒАШТАТУ** *Қиғаштат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТАУ[1]** сын. **1.** *Қисықтау.* **2.** *Тура емес, қиғаш орналасқан, көлбеулеу. // Қиғаштаңқырап.* **3.** ауыс. *Қайшы, үйлеспейтін.*

**ҚИҒАШТАУ[2]** *Қиғашта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒАШТЫҚ** зат. **1.** *Қисықтық, көлбеулік.* **2.** *Кемшілік, мүлт кетушілік, жаза басушылық.*

**3.** *Теріс, бұрыс жол.* **4.** ауыс. *Қайшылық.* **5.** ауыс. *Терістік, қателік.* **6.** ауыс. *Қыңырлық, қырсықтық.*

**ҚИҒАШЫРАҚ** сын. **1.** *Қысыңқы, қиығы көп, жымсығырақ.* **2.** *Бұрысырақ, терісірек.*

**ҚИҒЫ** зат. зоол. *Жарғаққанаттылар отрядына жататын жұмыртқасы бір орынға жинақталған жәндік.*

**ҚИҒЫЗ=** ет. **1.** *Кескізу, қырыққызу.* **2.** *Шаптыру, құрту.*

**ҚИҒЫЗДЫР=** ет. *Кескіздіру, қырыққыздыру.*

**ҚИҒЫЗДЫРУ** *Қиғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЗУ** *Қиғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЛА=** ет. *Кескілеу, қию.*

**ҚИҒЫЛАС=** ет. *Кесісу, қырқысу.*

**ҚИҒЫЛАСУ** *Қиғылас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЛАТ=** ет. *Кескілету, әр жерінен бір қиғызу.*

**ҚИҒЫЛАТҚЫЗ=** ет. *Кескілеткізу, әр жерінен бір қиғызу.*

**ҚИҒЫЛАТҚЫЗУ** *Қиғылатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЛАТУ** *Қиғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЛАУ** *Қиғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҒЫЛЫҚ** зат. *Шатақ, кесір, қырсықтық, кежірлік.*

**Қиғылық салды.** *Дау-жанжал шығарды, бүлік салды.* **Қиғылық шығарды**. *Әлек салды, шатақ шығарды.*

**ҚИҒЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Ұрыс-керіссіз, жанжалсыз, бейбіт.*

**ҚИҒЫР** сын. **1.** *Қиғыш, кескіш.* **2.** ауыс. *Тайсалмайтын, сойып түсетін, шатақ.* **3.** ауыс. *Тілі өткір, уытты.*

**Қиғыр қылыш.** этн. *Өте өткір, ұстараның жүзіндей қылыш туралы айтылады.*

**ҚИҒЫСЫЗ** сын. *Қиып кетуге болмайтын, қымбат.*

**ҚИДА** зат. *Кесетін кездік, кішкене өткір пышақ.*

**Қиданы шалды**. *Тілмен түйреді, шешендігін көрсетті.*

**ҚИДАЙ** сын. *Қи сияқты, қи тәрізді.*

**Қидай сыпырды.** а) *Түк қоймады, ештеңе қалдырмады.* ә) *Мұнтаздай етіп істеді.* б) *Өзіне алды, жеді, қалдырмады.* **Қидай шашылды**. *Быт-шыты шықты.*

**ҚИДАКЕЗДІК** сын. *Қырсық, қыңыр.*

**ҚИДА-ҚИДА** сын. *Мылжа-мылжа, жұлым-жұлым.*

**Қида-қидасын шығарды**. *Быт-шытын шығарды.*

**ҚИДАЛА=** ет. **1.** *Кескілеу, әр жерінен бір кесу.* **2.** *Ұсақтап кесу, қиқалау, майдалау.* **3.** ауыс. *Арпалысу, қырқысу.*

**ҚИДАЛАС=** ет. **1.** *Қырқысу, шабысу.* **2.** *Арпалысу, жұлысу.* **3.** *Шайнасу, азуға салысу.* **4.** жерг. *Жанжалдасу, шатақ шығарысу.*

**ҚИДАЛАСТЫР=** ет. *Ұрыстыру, жанжалдастыру.*

**ҚИДАЛАСТЫРУ** *Қидаластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДАЛАСУ** *Қидалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДАЛАТ=** ет. *Кескілету, қиғылату, әр жерінен бір қиғызу.*

**ҚИДАЛАТУ** *Қидалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДАЛАУ** *Қидала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДАН** зат. тар. *Ерте замандарда Қытайдың солтүстігін, Маньчжурия мен Уссури өлкесінің аумағын мекендеген, қарақытай аталатын көшпенді тайпа.*

**ҚИДАС** зат. *Сусар мен бұлғынның будандары.*

**ҚИДАСЫН** сын. **1.** *Әбден беріккен, қатқан.* **2.** *Бабына келген, шыныққан.*

**ҚИДИ=** ет. *Қырына алу, ізіне түсу, пәле-кемшілік іздеу, қия басқан ізін аңду.*

**ҚИДИЮ** *Қиди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДУЛА=** ет. *Лепіру, бір нәрсенің жетегінде кету.*

**ҚИДУЛАУ** *Қидула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДУ-ҚИДУ** елік. *Арқасы қозып, есіріп, еліріп, қозғалақтап, тыпыршып кеткенді бейнелейтін сөз.*

**ҚИДЫР=** ет. **1.** *Кескізу, қырыққызу.* **2.** *Қанату, ауырту, жаралау.* **3.** *Шапқызу.* **4.** *Жегізу, керттіру.* **5.** *Қарды аршып, жол салу.* **6.** жерг. *Қанын алу.* **7.** ауыс. *Жолын болдырту, тұсауын кесу.*

**ҚИДЫРТ=** ет. **1.** *Кескізу, қырыққызу.* **2.** *Шапқыздыру, күзету.* **3.** *Қарды аршыту, жол салдыру.* **4.** *Қанатқызу, жаралату.* **5.** *Қанын алдыру.*

**ҚИДЫРТУ** *Қидырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИДЫРУ** *Қидыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЖАП**[1] зат. ескікіт. **1.** *Кедергі, тосқауыл.* **2.** ауыс. *Қайғы, өкініш.*

**ҚИЖАП**[2] зат. **1.** *Саты, баспалдақ.* **2.** ауыс. *Байланыс, қатынас.*

**ҚИҚ** елік. *Ышқынып шыққан қысқа жіңішке дыбысты бейнелейтін дыбыс.*

**Қиқ етті**. *Ышқынған қысқа дыбыс шығарды.*

**ҚИҚА** зат. **1.** *Бірнеше бөлшекке бөлінген жұлма-жұлма зат.* **2.** ауыс. *Шикілік, кемшілік.*

**ҚИҚА-ЖИҚА** сын. *Жұлым-жұлым, мылжа-мылжа, қисық-қисық.*

**ҚИҚАЙ=** ет. **1.** *Қисаю, қиғаштану.* **2.** *Қыжырайып, бүлiну, қирау.* **3.** ауыс. *Ырыққа көнбеу, қыңырлану.*

**ҚИҚАЙТ=** ет. *Қисайту, қиғаштату.*

**ҚИҚАЙТУ** *Қиқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЙЫП-СИҚАЙ=** ет. *Қисайып, қиғаштану, бүлініп қирау.*

**ҚИҚАЙЫС=** ет. *Бір-біріне қырғи қабақ таныту, қисық, қыңыр мінез көрсетісу.*

**ҚИҚАЙЫСУ** *Қиқайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҚ** елік. **1.** *Әрі-бері теңселіп қисалаңдаған қисық қимылды, жүрісті бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Қылжаң, қисаң (бос қылжақ, ерке шолжаңдық).* **3.** ауыс. *Қисықтық, қыңырлық, қырсық.*

**Қиқақ басты.** *Назарға ілігу үшін қисалаңдап теңселе жүрді.*

**ҚИҚ-ҚИҚ** елік. *Қиқылдаған (күлген) дауысты білдіретін сөз.*

**ҚИҚА-СИҚА** сын. *Қисық-қисық, ойқыш-ұйқыш, қиқы-жиқы.*

**ҚИҚАҚ-СИҚАҚ** елік. **1.** *Қиқаң-сиқаң еткен, бірқалыпты емес жүрісті, қимылды білдіретін сөз.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені істегісі келмеу, қиқақтағандық, бұлтарушылық.*

**ҚИҚАҚТА=** ет. *Қиқаңдау, қисақтау; бір нәрсені істегісі келмеу.*

**ҚИҚАҚТАТ=** ет. *Қиқаңдату, теңселту.* **2.** ауыс. *Шолжаңдату, еркелету.*

**ҚИҚАҚТАТУ** *Қиқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҚТАУ=** *Қиқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҚТЫҚ** зат. *Қиқалаңдағандық, бұлтақ қаққандық, бір нәрсені істегісі келмегендік.*

**ҚИҚАЛА=** ет. *Жөнсіз кесу, ретсіз қиқа-қиқа етіп турау.*

**ҚИҚАЛАҚ** зат. **1.** ел. *Бірқалыпты емес, қисық жүрісті бейнелейтін сөз.* **2.** *Қиқақтағандық, қылжақтағандық.* **3.** ауыс. *Қалтарыс, бұлтарыс.*

**Қиқалаққа салды.** *Жалтарды, бұлтарды, жауапкершіліктен құтылып кетпек болды.*

**ҚИҚАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қиқаң-қиқаң ету, қиқаңдау, әрі-бері ебедейсіз теңселу, қиқалаңдау.* **2.** ауыс. *Бұлтару, жалтару.*

**ҚИҚАЛАҚТАТ=** ет. **1.** *Қиқаң-қиқаң еткізу, қисаңдату, қиқаңдату.* **2.** *Қисайтып, айбақсайбақ етіп жазу, сызу; шимайлау.* **3.** ауыс. *Еркелету, шолжаңдату.*

**ҚИҚАЛАҚТАТУ** *Қиқалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАҚТАУ** *Қиқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАН=** ет. **1.** *Қиқа-қиқа етілу, майдалану.* **2.** ауыс. *Қыңырлану; қырсық мінез көрсету.*

**ҚИҚАЛАНУ** *Қиқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАҢ** елік. **1.** *Қисық, қиқы-жиқы, бірқалыпты емес жүрісті, қимылды бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Қисалаң, бұлталаң.*

**Қиқалаң қақтырды.** *Әрі-бері ебедейсіз теңселтті, қисалаңдатты.* **Қиқалаң салды.** *Қиқаң-қиқаң етті; бұлтарды, жалтарды, істегісі келмеді.*

**ҚИҚАЛАҢДА=** ет. *Қиқалақтау, бұраңдау, қисаңдау.*

**ҚИҚАЛАҢДАТ=** ет. **1.** *Қиқалақтату, қиқаңдату, қиқаң-қиқаң еткізу.* **2.** ауыс. *Шорқақтату, қисынын келістіре алмау.* **3.** *Шолжаңдату, еркелету.*

**ҚИҚАЛАҢДАТУ** *Қиқалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАҢДАУ** *Қиқалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАҢ-ҚИҚАЛАҢ** елік. *Қайта-қайта қайталанған қисық, бірқалыпты емес жүрісті, қимылды бейнелейтін сөз.*

**ҚИҚАЛАҢ-ЖИҚАЛАҢ** елік. сөйл. ***Қиқалаң-қиқалаң.***

**ҚИҚАЛАС=** ет. *Ұрсысу, арпалысу.*

**ҚИҚАЛАСУ** *Қиқалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЛАУ** *Қиқала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҢ**[1] елік. **1.** *Қисаң еткен, қисық, қысқа қимылды бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені істегісі келмегендік, қылжақтағандық; қырсықтық.*

**Қиқаң шығарды.** *Қырсық мінез көрсетті, қыңырланды.*

**ҚИҚАҢДА=** ет. **1.** *Қиқаң-қиқаң ету.* **2.** *Бұралаңдау, кербездену, кердеңдеу.* **3.** ауыс. *Жөнге, икемге келмеу, көнбеу; кесірлену.*

**ҚИҚАҢДАП-ҚИҚАҢДАП** үст. *Қиқаң-қиқаң етіп, бұлтарып.*

**ҚИҚАҢДАС=** ет. **1.** *Қиқаң-қиқаң етісу.* **2.** ауыс. *Жалтарысу, бұлтарысу, ұзақ келісу.*

**ҚИҚАҢДАСУ** *Қиқаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҢДАТ=** ет. **1.** *Қиқаң-қиқаң еткізу, қисаңдату.* **2.** ауыс. *Шолжаңдату, еркелету.*

**ҚИҚАҢДАТУ** *Қиқаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҢДАУ** *Қиқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАҢДЫҚ** зат. *Қиқаңдағандық, істегісі келмей бұлтару, жалтару, бұлтаққа салушылық.*

**ҚИҚАҢ-ҚИҚАҢ** елік. *Әрлі-берлі теңселген, қиқаңдаған, қайталанған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қиқаң-қиқаң еткізді.** *Әрлі-берлі, қайта-қайта қиқаңдатты.* **Қиқаң-қиқаң етті.** *Қисаңдады, қозғалақтады.*

**ҚИҚАҢ-СИҚАҢ** елік. **1.** *Қиқайып, қисаңдаған бірқалыпты емес, қайталанба қимылды бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Қылжақтық, бос қиқаңға салынушылық.*

**ҚИҚАҢСЫЗ** сын. *Қылжақсыз, артық ауыз сөзсіз.*

**ҚИҚАҢ-ШИҚАҢ** елік. сөйл. ***Қиқаң-сиқаң.***

**ҚИҚАР** сын. *Қисық, қыңыр, бірбет.*

**Қиқар қабақ.** *Қыңыр қабақ, тоң-торыс, қатулы.* **Қиқар мінез.** *Қыңыр, бірбет мінез; қырсық мінез.*

**ҚИҚАРБАС** сын. *Қырсық, бірбеткей.* // *Қырсық, бірбеткей қыңыр адам.*

**ҚИҚАР-ҚЫРЫС** сын. *Қырсық, кеж, қияпар, бірбеткей.*

**ҚИҚАРЛАН=** ет. *Қырсығу, қыңырлану.*

**ҚИҚАРЛАНУ** *Қиқарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАРЛАУ** сын. *Қыңырлау, қисықтау, бірбеттеу.*

**ҚИҚАРЛЫҚ** зат. жағымсыз. *Қыңырлық, қисықтық, жөн сілтеп ақыл айтқанға орынсыз қарсылық көрсету.* **2.** *Малдың, құстың баулып, бағуға көнбей қыңырлануы.*

**Қиқарлығына бақты.** *Қиқарлық көрсетті.* **Қиқарлыққа салды.** *Қыңырлыққа, қисықтыққа басты.*

**ҚИҚАРСУ** *Қиқарсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАРСЫ=** ет. *Қиқарлану, қыңырлану, қыңыр мінез көрсету.*

**ҚИҚА-СИҚА** сын. *Қиқиып-сиқиып қалған, майда-шүйде, небір.*

**ҚИҚАТА** сын. вет. *Жылқы малында болатын, ішек өзегінде кездесетін ауру.*

**ҚИҚАЮ** *Қиқай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚАЯ** зат. сөйл. ***Хикая.***

**ҚИҚИ=** ет. **1.** *Қисаю (бір жағына қарай қиғаштану).* **2.** ауыс. *Қыңырлану, қырсығу, біржақты болу.*

**ҚИҚИЫП-ЖИҚИ** үст. экспр. *Қисаю, мықшию, мыжыраю, тырбию.*

**ҚИҚИЫП-ЖИҚИЮ** *Қиқиып-жиқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИ-ҚОҚЫС** зат. *Қоқым, қи тезек аралас қоқыс.*

**ҚИҚОҢЫЗ** зат. **1.** *Қоңыздың қида жасырын тіршілік ететін, ұша алмайтын түрі.* **2.** зоол. <лат. scarabeus> *Тақтамұрттылар тұқымдасына жататын қоңыздардың жалпы атауы.*

**ҚИҚОЯ** зат. вет. *Малдың ас өзегінде кездесетін ауру.*

**ҚИҚИЮ** *Қиқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚУ** зат. **1.** *Қаз, аққу сияқты құстардың қиқулап шығаратын дыбысы.* **2.** *Жылқы айдағанда қиқулап шығаратын дыбыс.* **3.** *Жауға шапқанда, ұрысқа түскенде әскердің атой салып, рухтану үшін қиқулап шығаратын айқайы.*

**Қиқуға басты.** *Дабыл қағып, шулап жауға шапты, аттанға басты.* **Қиқу салды.** а) *Қиқулады, шулады, жабыла дауыстады (құс).* ә) *Атой салып, жабыла шапты, қиқулап жауға шапты.* б) *Қиқулаған дауыс шығарып жылқы айдады.* в) *Аңға, құс аулауға шыққанда үркіту үшін қиқулаған дауыс шығарды.*

**Қиқуы қыр астынан естілді.** *Мен мұңдалаған даусы жер жарды, алаңдататын үні қатты шықты.*

**ҚИҚУ-АЙҒАЙ** зат. *Қиқуланған, қиқу салып қатты шығарған дыбыс, қиқу аралас айғай.*

**ҚИҚУ-ДУМАН** зат. *Айғай-шуы мол, мерекелі жиын, қызықты дүрмек.*

**ҚИҚУҚҰМАР** зат. *Айғай-шуы мол, думанды дүрмекті, қиқуды жаны сүйетін.*

**ҚИҚУЛА=** ет. *Аққу, қаз, тырна сияқты құстардың қиқу салуы, шулап дауыс шығаруы.* **2.** *Қатты дауыс шығарып, қиқу салып жылқы айдау.* **3.** *Айқай-сүренге басып, атой салу.*

**ҚИҚУЛАС=** ет. **1.** *Құстардың қиқу салысуы.* **2.** *Айқай-сүренге басысу, атойласу.*

**ҚИҚУЛАСУ** *Қиқулас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚУЛАТ= 1.** *Қиқу салдыртып жылқы айдату.* **2.** *Қиқулаған дыбыс шығарту, шулату.*

**ҚИҚУЛАТУ** *Қиқулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚУЛАУ** *Қиқула етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аққу, қаз сияқты құстардың қиқулаған дыбыс шығаруы.* **2.** *Атой салып, дауыстап жылқы айдау.* **3.** *Айқай-сүренге басу, атойлау.*

**ҚИҚУЛЫ** сын. **1.** *Айғай-ұйғайлы, шулы, атойлы.* **2.** ауыс. *Қызығы мол, дүрмекті, дүбірлі.*

**ҚИҚУ-СИҚУ** сын. сөйл. *Әрқалай, алба-жұлба, сан алуан.*

**ҚИҚУСЫЗ** сын. **1.** *Қиқулап айғайлаусыз.* **2.** *У-шусыз, тып-тыныш.*

**ҚИҚУ-ШУ** зат. *Атой, айғай-сүрең.*

**ҚИҚУШЫ** зат. **1.** *Аңға, құс аулауға шыққанда аң-құсты үркітіп, қиқу салушы, айғайлаушы адам.* **2.** *Айғайға басушы, атой салушы.*

**ҚИҚУШЫЛ** сын. *Қиқу салғыш, қиқулағыш, айқайшыл.*

**ҚИҚУ-ЫЗЫҢ** зат. *Қиқулаған алыстан естілген дауыс, айғай-шу.*

**ҚИҚУЫЛДАС=** ет. *Қиқу салысу, айғайласу.*

**ҚИҚУЫЛДАСУ** *Қиқуылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚҰЛАҚ** зат. өс. <лат. coprinus> *Ертеде сия жасауға қолданған, көктеген кезінде ақ түсті, онан қарақошқылға айналатын қиға, жапаға өсетін саңырауқұлақ тәрізді өсімдік.*

**ҚИ-ҚҰМАЛАҚ** зат. *Тезек, құмалақ бопай аралас қи, көң.*

**ҚИҚҰРТ** зат. зоол. *Қидың құрты, қида болатын құрт.*

**ҚИҚ-ШИҚ** еліk. *Ышқынғанда, екі қатты зат үйкелгенде т.б. шығатын жағымсыз қысқа дыбыстар.*

**Қиқ-шиқ етті.** *Қиқылдады, қақалып, шашалды.*

**ҚИ-ҚЫБЫР** зат. *Тезек, жапа.*

**ҚИҚЫ-ЖИҚЫ** сын. **1.** *Қиқиған, қисайған, қисық.* **2.** ауыс. *Мыжырайып-қыжырайған, ұсқыны кеткен.* **3.** ауыс. *Абыр-сабыр, аласапыран.* **4.** ауыс. *Соқтықпалы, ирең көп.*

**ҚИҚЫЗЫЛ** зат. жерг. *Насыбай, ащы темекі.*

**ҚИҚЫЛ** зат. **1.** *Құстардың қиқылдаған дыбысы, үні.* **2.** ауыс. *Қызу қарбалас кез, аумалы-төкпелі шақтың кикілжің салды.*

**Қиқылды салды.** *Қиғылық, бүлік шығарды.*

**ҚИҚЫЛДА=** ет. **1.** *Құстардың қиқу салған дыбыс шығаруы; соған ұқсас дыбыстың шығуы.* **2.** *Ышқынған жіңішке дыбыстар шығару, қиқ-қиқ ету.*

**ҚИҚЫЛ-ШИҚЫЛ** зат. жерг. *Ышқына шыққан жіңішке дауыстар, дыбыстар.*

**ҚИҚЫЛДАП-ШИҚЫЛДА=** ет. *Қиқылдаған, шиқылдаған дыбыс шығару.*

**ҚИҚЫЛДАП-ШИҚЫЛДАУ** *Қиқылдап-шиқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫЛДАС=** ет. *Қиғылық салысу, ұрсысып-керісу, жанжалдасу.*

**ҚИҚЫЛДАСУ** *Қиқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қиқылықтаған дыбыс шығару.* **2.** *Қылқындырғанда немесе жіңішке түтікке үрлегендегі дыбыстарға ұқсас ышқынған дыбыстар шығарту.* **3.** ауыс. *Тоқтаусыз, көп сөйлету.*

**ҚИҚЫЛДАТУ** *Қиқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫЛДАУ** *Қиқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫЛЖЫҢ** зат. сөйл. ***Кикілжің*** *(келіспеушілік, қырсықтық).*

**ҚИҚЫЛЖЫҢСЫЗ** сын. сөйл. ***Кикілжіңсіз*** *(қарсылықсыз, қырсықсыз).*

**ҚИҚЫЛЫҚ** зат. *Қиқуланған дыбыс.*

**Қиқылық салды.** *Тиісті, сөзбен шаншыды.*

**ҚИҚЫМ** зат. **1.** *Бір нәрсенің ұсақ бөлшегі, қоқым. // Түкке тұрғысыз, не болса сол, майда-шүйде, бос. // Өнбейтін, көзге көрінбейтін, титықтататын, ұсақ, майда.* **2.** *Қиынды, матаның қиылған ұсақ бөліктері.* **3.** *Қалдық, қалғанқұтқан, артылған, ұсақ-түйек зат.* **4.** *Малдың тезегінің ұсақ қалдығы.* **5.** ауыс. *Ұсақшыл, алааузышыл, нашар адам.*

**Қиқым өсек.** *Ұсақ сөз, ғайбат.* **Қиқым іздеді.** *Ұсақтыққа барды, ұсақшыл болды.*

**ҚИҚЫМБАЙ** зат. *Шұрқыраған ұсақ балалар.*

**ҚИҚЫМБАҚАЙ** сын. **1.** *Өнбейтін, құр босқа титықтататын.* **2.** *Түкке тұрғысыз, ұсақ, бос.*

**Қиқымбақай тобыршық.** *Өте ұсақ, осал топ, құр бос жүрген нөпір.*

**ҚИҚЫМДА=** ет. *Ұсақтау, майдалау.*

**ҚИҚЫМДАЙ** сын. *Қиқым, қоқыстай көп, жыпырлаған.*

**ҚИҚЫМДАЛ=** ет. **1.** *Майдалану, қиындылану.* **2.** ауыс. *Ұсақталу, мәртебесі, мәні төмендеу.*

**ҚИҚЫМДАЛУ** *Қиқымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫМДАН=** ет. *Қиқым-қиқым болу, майдалану, ұсақталу.*

**ҚИҚЫМДАНУ** *Қиқымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫМДАС=** ет. *Қиқым-қиқым болысу.*

**ҚИҚЫМДАСУ** *Қиқымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫМДАТ=** ет. *Қиқалату, ұсақтату.*

**ҚИҚЫМДАТУ** *Қиқымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫМДАУ** *Қиқымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫМ-ҚИЫҚ** зат. **1.** *Шүберектің ұсақ қиындылары, тастанды.* **2.** ауыс. *Ұсақ өсек-аяң, әңгіме.*

**ҚИҚЫМ-ҚОҚСЫҚ** зат. *Жарамсыз қалдық, қоқым-соқым.*

**ҚИҚЫМ-СИҚЫМ** зат. **1.** *Ұсақ қоқым, қиынды, қоқыс.* **2.** *Ұсақ-түйек, майда-шүйде зат.* **3.** *Жарамсыз ұсақ-түйек, түкке тұрғысыз майда-шүйде бос нәрсе.* **4.** ауыс. жағымсыз. *Беделсіз, тексіз аннан-мыннан жиналған адамдар.* **5.** ауыс. *Ұсақшыл, бос, түкке тұрғысыз сөз, өсек, т.б.*

**ҚИҚЫН=** ет. *Болдыру, шаршау.*

**ҚИҚЫНУ** *Қиқын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫС=** ет. *Тайталасу, арпалысу.*

**ҚИҚЫСУ** *Қиқыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИҚЫТШЫЛЫҚ** зат. сөйл. жерг. ***Қиыншылық.***

**ҚИҚЫ-ШИҚЫ** сын. экспр. *Ескірген, көнетоз, бүлініп, қираған, қисайған.*

**ҚИҚЫ-ШОЙҚЫ** сын. *Қисық, айқышұйқыш.*

**ҚИЛА=** ет. *Қи ету, қи жағып былғау (саңғыру).*

**ҚИЛАН** зат. *Төлеуші, есеп айырысушы.*

**ҚИЛАН=** ет. жерг. *Күйлену, қоңдану, әлдену.*

**ҚИЛАНУ** *Қилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЛАП** ар. зат. *Қарама-қайшылық, келіспеушілік //Бұзу, бүлдіру, құрту.*

**ҚИЛАУ** *Қила етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЛАП**: **қилап етті**. жерг. *Бос сөз айтты, сөзде тұрмады.*

**ҚИЛАСТЫР =** ет. *Түзету, ебін табу, орнына келтіру.*

**ҚИЛАСТЫРУ** *Қиластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЛБАРАҚЛАР** зат. ескікіт. діни. *Шайтандар тобы.*

**ҚИЛЫ** сын. **1.** *Әртүрлі, алуан түрлі, сан түрлі.* **2.** жағымсыз. *Астарындағы мәні белгісіз сан түрлі, құбылған.* **3.** *Құрама, бірнеше түрлі.* **4.** *Асу-асу, көп-көп.* **5.** *Қиын қыстаулы, азабы көп.* **6.** *Күрделі, кедергі, асулары көп, жеңісі мен жеңілісі аралас.* **7.** *Секілді, тәрізді, сияқты.* **8.** жерг. *Анағұрлым, әлдеқайда.*

**Қилы заман.** *Қиын-қыстау кезең, дүрбелеңге толы уақыт.* **Қилы кезең.** *Дүрбелеңі көп, қиын заман, тарихтағы аласапыран кез.* **Қилы саққа жүгіртті.** *Неше түрлі жаққа тарамдалды, сан құбылтты.*

**ҚИЛЫ-ҚИЛЫ** сын. *Түрлі-түрлі, сан алуан, талай, небір, әртүрлі.*

**Қилы-қилы заман.** *Дүрбелеңі мен дүрмегі, жеңісі мен жеңілісі аралас сан түрлі оқиғаға мол тарихи кезең.* **Қилы-қилы заман болды, қарағай басын шортан шалды.** поэт. *Ел басына туған қиыншылық кез туралы айтылады.*

**ҚИЛЫ-ҚИЯН** сын. *Сан алуан, әртүрлі.*

**ҚИЛЫ-ҚЫЗЫҚ** сын. *Қызық, әр алуан, неше түрлі қызығы мол.*

**ҚИЛЫ-ҚЫРЛЫ** сын. *Неше түрлі, әртүрлі, сан алуан, түрлі-түрлі.*

**ҚИЛЫЛЫҚ** зат. *Әртүрлілік, сан түрлілік, әралуандық.*

**ҚИЛЫМ** зат. **1.** сөйл. ***Ықылым.*** **2.** ауыс. *Іс, нәрсе.*

**Қилым заман.** сөйл. ***Ықылым заман*** *(есте жоқ, ескі заман).*

**ҚИМА**[1] зат. *Түйе, сиыр тәрізді ірі қараның бүйенге жалғас ішегі.*

**Қимасы қышыды.** а) *Жаны ашыды; іш тартты, қоштамақ болды.* ә) *Басы қатып, балтыры сыздады, әлек болды.*

**ҚИМА**[2] зат. **1.** *Екі нәрсенің қиылысқан, қосылған жері, жапсары.* **2.** *Дөңгелектің шен темірі ішіндегі имек ағашы.* **3.** матем. *Әр алуан геометриялық денелердің қиылу нүктелері.* **4.** геом. *Цилиндр денені көлденеңінен қигандағы кескіні, көрінісі, ені.*

**Қима алтын.** этн. *Сом алтынның қақталғаннан кейінгі қиындысы.* **Қима жаға.** этн. *Қиып қондырған тік жаға.* **Қима құдық.** этн. *Іші шегенделген шыңырау құдық.* **Қима құлақ.** *Үшкір, қиық құлақ мал, аң туралы.* **Қималар теоремасы.** геом. *Менелей теоремасының бір аты.* **Қима өрнек.** қолөнер. *Пішіліп кесілген өрнек.* **Қима шапан.** этн. *Қынама бел шапан.* **Қима шаш.** *Шашын қиған, бұрымы жоқ.*

**ҚИМА**[3] зат. жерг. ***Шұбат.***

**ҚИМА**[4] зат. *Бас ауруы.*

**ҚИМА**[5]**=** ет. *Айырылғысы келмеу, қия алмау.*

**ҚИМАҒАНСУ** *Қимағансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМАҒАНСЫ=** ет. *Қимағандай болу, жалған, өтірік қимастық көрсету.*

**ҚИМАЖАУЛЫҚ** зат. этн. жерг. *Жаулықтан кішірек ұшбұрышты орамал.*

**ҚИМАЙ-ҚИМАЙ** үст. *Қия алмай, қиналып, қоштасқысы келмей, әрең-әрең.*

**ҚИМАЙ**[1] зат. этн. тамақ. **1.** *Сойылған малдың бауыздау қанынан жасалған шұжық түрі, ұлттық тағам.* **2.** *Сиырдың тоқ ішегін тұздап айналдырып, оған кесек туралған май мен сарымсақ араластырып дайындаған, қазыға ұқсас тағам.*

**ҚИМАЙ**[2] зат. *Малдың қиынан жасалып, емдік, техникалық мақсатта қолданылатын май.*

**ҚИМАҚЫ** сын. *Қимақ үлгісіндегі, қимаққа тән.*

**ҚИМАЛЫ** сын. *Қиюласқан, қиюластырылған, қиып келтірілген.*

**Қималы найза.** этн. *Сындырмалы, құрастырмалы найза.* **Қималы құдық.** кәс. *Шегенді құдық.* **Қималы шапан [бешпет, тон, елтірі ішік].** этн. *Бірнеше қималардан қиюластырып тігілген қынама шапан [бешпент, пиджак, тон, елтірі ішік].*

**ҚИМАС**[1] сын. **1.** *Қимайтын, қиыспайтын, қия алмайтын.* **2.** *Асыл, қымбат.*

**ҚИМАС-ҚЫМБАТ** сын. *Қия алмайтын, аса қымбатты.*

**ҚИМАСТАЙ** сын. *Қия алмайтындай, көз қиғысыз.*

**ҚИМАСТЫҚ** зат. *Жақсы көрушілік, көңілжақындық, қимаушылық.*

**ҚИМАСЫ** зат. *Қимайтыны, қымбаттысы, ардақтысы, асылы.*

**Қимасына көз салма [қол сұқпа].** *Көрсеқызар болма, басқаның тәуіріне қызықпа.*

**ҚИМАТ** сын. ескікіт. ***Қымбат.***

**ҚИМАТТЫ** сын. ескікіт. ***Қымбатты.***

**ҚИМАУ** *Қима етістігінің қимыл атауы; қия алмау.*

**ҚИМАУШЫЛЫҚ** зат. *Қимастық, қия алмаушылық.*

**ҚИМАҮЛГІ** зат. тех. *Қиюластырылған белгілі бір затты жасауда қолданылатын ортақ қалып.*

**ҚИМАШ** сын. *Қиылып, сырылған (киім).*

**Қимаш бөрік.** этн. *Төбесі шошақтау келген қазақы бөріктің түрі.*

**ҚИММАТ** ир. сын. ескікіт. ***Қымбат.***

**ҚИМЫЖЫҚ** зат. сөйл. ***Қибыжық.***

**ҚИМЫЖЫҚТА=** ет. *Қимың-қимың ету, мардымсыз қимылдау; қибыжықтау.*

**ҚИМЫЖЫҚТАУ** *Қимыжықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛ** зат. **1.** *Қозғалыс, қысқа әрекет, әрекеттің бір бөлігі, үзігі.* **2.** *Іс-әрекет, үздіксіз қозғалыс.* **3.** *Күрес, шабуыл.*

**Қимылдың автоматтануы.** биол. *Адамның үлкенді-кішілі бұлшықет қимылдарының санадан тыс қозғалысқа келу тәртібі.* **Қимылдың шегі.** спорт. *Жеке дене мүшелерінің бір-біріне немесе түгел денenің спорт құрамына қатынасын білдіретін қимылдың шарықтау шегі.* **Қимыл екпіні.** спорт. *Жүрген, жүгірген кездегі қадамдардың, гимнастика құрамындағы теңселістерді не жеке қимылдарды қайталау жиілігі.* **Қимыл қима.** сушар. *Көлденең су қимасының ағыс жыламдығын өлшеуге болатын бөлігі немесе су ағынының белгілі бір межеде, белгіленген уақыт өлшемінде су көлемін есептеу тәсілі.* **Қимылмен емдеу.** мед. *Науқас адамдардың арнаулы құралдарда орындайтын қимыл-қозғалыстар арқылы емделу әдісі.* **Қимыл салды.** *Ұрысқа аттанды.* **Қимыл сипаттамасы.** спорт. *Жұмсаған күштің әсерінен қимыл-қозғалыстың уақыт пен кеңістіктің әсеріне байланысты өзгеруін анықтау.* **Қимылын аңдыды.** *Біреудің іс-әрекетін бақты, бақылады.*

**ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТ** зат. *Үздіксіз қимыл, мақсатты қозғалыс.*

**ҚИМЫЛ-БЕЙНЕ** зат. *Қандай да біреудің қозғалысы мен келбеті.*

**ҚИМЫЛДА=** ет. **1.** *Қозғалу, қыбырлау.* **2.** *Іс-әрекетпен айналысу, жұмыс істеу, еңбек ету.* **3.** *Қарсы әрекет жасау, қарсыласу.*

**Қимылдаған қыр асар.** *Қарап отырмағанның ісі бітеді деген мағынада.* **Қимылдап қалу.** *Қолынан келгенін істеп бағу, әрекет ету.*

**ҚИМЫЛДАҒЫШ** сын. *Тез қимылдайтын, қозғалыс-қимылы жылдам.*

**ҚИМЫЛДАС=** ет. *Қимыл жасасу, қозғалысу, әрекет етісу.*

**ҚИМЫЛДАСУ** *Қимылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛДАТ=** ет. *Қимыл жасату, қозғалту.*

**ҚИМЫЛДАТҚЫЗ=** ет. *Қозғалтқызу, қимыл жасатқызу.*

**ҚИМЫЛДАТҚЫЗУ** *Қимылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛДАТҚЫШ** сын. *Қозғалтатын, қимылдататын.*

**ҚИМЫЛДАТПА=** ет. *Тырп еткізбеу, қозғалтпау.*

**ҚИМЫЛДАТПАУ** *Қимылдатпа етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛДАТТЫР= ет.** *Қозғалттыру, әрекет еткізу, қимылдатқызу.*

**ҚИМЫЛДАТТЫРУ** *Қимылдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛДАТУ** *Қимылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛДАТУШЫ** сын. *Қимылдатып тұратын, қимылға келтіретін.*

**ҚИМЫЛДАУ** *Қимылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғалу, қыбырлау, әрекет жасау.* **2.** *Іс-әрекетпен айналысу, жұмыс істеу, еңбек ету.* **3.** *Қарсыласу, қарсы әрекет жасау.*

**ҚИМЫЛДЫ** сын. *Қозғалысты, қозғалғыш.*

**ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС** зат. *Әрекет, үдеріс.*

**ҚИМЫЛ-ҚҰБЫЛЫС** зат. *Қозғалыс пен өзгеріс.*

**ҚИМЫЛ-ҚЫБЫР** зат. *Әрекет-амал, ұсақ қозғалыс.*

**ҚИМЫЛСЫЗ** сын. *Тыныш, бірқалыпты, өзгеріссіз. // Қыбыр етпей, қозғалмай.*

**ҚИМЫЛСЫЗДАНДЫР=** ет. мед. **1.** *Уақытша қимылын шектеу.* **2.** терм. *Зерттеуді және тасымалдауды жеңілдету үшін немесе ветеринарлық көмек көрсету үшін химиялық заттектердің көмегімен жануарларды уақытша қимылдау әрекетінен айыру.*

**ҚИМЫЛСЫЗДАНДЫРУ** *Қимылсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИМЫЛСЫЗДЫҚ** зат. *Қыбыр етпеушілік, қозғалмаушылық.*

**ҚИМЫЛ-ТЫСЫР** зат. *Қысқа қозғалыс, қыбыр еткен қимыл.*

**ҚИМЫЛШЫЛ** сын. *Қозғалысы көп, тынышсыз, қозғалғыш.*

**ҚИМЫЛ-ЫРҒАҚ** зат. *Белгілі бір уақыт аралығында ретті түрде қайталанып отыратын қозғалыс.*

**ҚИНА=** ет. **1.** *Қиыншылық көрсету, азаптау.* **2.** *Ауыртпалық салу, күш жұмсау.* **3.** *Тынышын алдыру, берекесін кетіру, қынжылту.* **4.** *Шаршату, болдырту.*

**ҚИНАБАТТЫ** сын. ескікіт. *Ғинабатты, мәдениетті.*

**ҚИНАЛ=** ет. **1.** *Жанға ауыр тию, қиындыққа душар болу.* **2.** *Зорға-зорға қозғалу, бар күшін салып әрең қимылдау.* **3.** *Азаптанып еңбек ету, тер төгіп мехнаттану.* **4.** *Шаршау, әуре-сарсаңға түсу, босқа сабылу.* **5.** *Қынжылу, қысылу, қымсынып-қымтырылу.*

**ҚИНАЛА-ҚИНАЛА** үст. *Қысыла-қымтырыла, зорға-зорға; жаны ауырып.*

**ҚИНАЛА-ҚЫСЫЛА** үст. *Қынжыла-азаптана.*

**ҚИНАЛҒАНСУ** *Қиналғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАЛҒАНСЫ=** ет. *Қиналған, қысылған, қиындыққа душар болған адамның кейпіне кіру, соның кейпін көрсету.*

**ҚИНАЛДЫР=** ет. *Қинау, жанды ауырту, азапқа салу, қиындыққа душар ету, қиындық келтіру.*

**ҚИНАЛДЫРУ** *Қиналдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАЛТ=** ет. *Қиындық келтірту, азап келтіру.*

**ҚИНАЛТУ** *Қиналт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАЛУ** *Қинал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАЛУЛЫ** сын. *Қиындыққа душар болған, қысылған.*

**ҚИНАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қинала түсу, қысылыңқырау.*

**ҚИНАЛЫҢҚЫРАУ** *Қиналыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАЛЫС**[1] зат. *Қиындыққа душар болғандық, қиналғандық. // Қиындық кездегі, қиналғандағы.*

**ҚИНАЛЫС**[2]**=** ет. *Қиындыққа тап болысу, жандарын азапқа салу.*

**ҚИНАЛЫССЫЗ** үст. *Қиналмай, ешқандай кедергі, бөгетке душар болмай.*

**ҚИНАЛЫСУ** *Қиналыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАС=** ет. *Бірге азаптау.*

**ҚИНАСУ** *Қинас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАТ=** ет. *Жанын ауырту, қиыншылық келтіру.*

**ҚИНАТУ** *Қинат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАУ** *Қина етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИНАУШЫ** зат. *Қиындық көрсеткен адам, қинайтын жағдай т. б.*

**ҚИНАУШЫЛЫҚ** зат. *Қинау, қиындық көрсетушілік.*

**ҚИНАЯ** зат. ескікіт. *Назар, ілтипат, зейін, зер.*

**ҚИПАҚ** зат. *Батылсыз қимыл, бұлталақ, бұлтарыс.*

**ҚИПАҚ-СИПАҚ** зат. *Жағымсыз қылық, бұлтақ-сылтақ.*

**ҚИПАҚСЫЗ** үст. *Қипаңдамай, қипақ-сипақты білмей.*

**ҚИПАҚТА=** ет. **1.** *Тынышы кету, мазасыздану; қозғалақтау.* **2.** *Батылы бармау, кібіртіктеу, именшектеу, іркілу.* **3.** *Істегісі келмеу, қиқаңдау, қиқақтау.* **4.** *Ыңғайсыздану, жайсыз күйге түсу.* **5.** *Қысылып-қымтырылу, қымсыну, сөзін, ойын анық жеткізе алмау.*

**ҚИПАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Қысылыңқырау, ыңғайсызданқырау.*

**ҚИПАҚТАҢҚЫРАУ** *Қипақтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҚТАС=** ет. **1.** *Қипақ-қипақ етісу, мазалары кету.* **2.** *Кібіртіктесу, именшектесу.* **3.** *Ыңғайсыздану, жайсыздану.* **4.** *Қысылып-қымтырысу, күйбектесу.*

**ҚИПАҚТАСУ** *Қипақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҚТАСЫП-СИПАҚТАСЫП** үст. *Қысылысып, именшектесіп, бұғынып-тартынысып.*

**ҚИПАҚТАТ=** ет. *Қипақ-қипақ еткізу, сипақтату.*

**ҚИПАҚТАТУ** *Қипақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҚТАУ** *Қипақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҚТЫҚ** зат. **1.** *Қипалақтағындық, қипақ-қипақ еткендік.* **2.** *Ыңғайсыздану, қолайсыз жағдайдың алдында өзін ерсі сезінушілік.*

**ҚИПАЛАҚ: қипалақ қақты.** *Ыңғайсыздықтан, тосылғандықтан, ебедейсіз қозғалды.*

**ҚИПАЛАҚТА=** ет. **1.** *Ебедейсіз қозғалу, әлсіз қимылдау.* **2.** *Қипақ-қипақ ету, қипалақ қағу, тынышы кетіп, мазасыздану.*

**ҚИПАЛАҚТАС=** ет. *Қипақ-қипақ етісу, ебедейсіз қозғалу.*

**ҚИПАЛАҚТАСУ** *Қипалақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАЛАҚТАУ** *Қипалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҢ** елік. *Бұлтаң еткен ебедейсіз қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз. // Бұлтарыс, қалтарыс.*

**ҚИПАҢДА=** ет. *Тынышы кету, қипақтау.*

**ҚИПАҢДАТ=** ет. *Қипаң-қипаң еткізу, қипақтату.*

**ҚИПАҢДАТУ** *Қипаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҢДАУ** *Қипаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПАҢ-ҚИПАҢ** елік. *Қайта-қайта бұлталаңдаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қипаң-қипаң етті.** *Қипақтады, қипаңдады.*

**ҚИПЫҚТА** ет. сөйл. ***Қипақта.***

**ҚИПЫҚТАУ** *Қипықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПЫҢ** елік. *Ебедейсіз болған қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қипың қақты**. *Тынышсызданып, не істерін білмей ожар қозғалды.*

**ҚИПЫҢДА=** ет. *Қипың-қипың ету, қипаңдау.*

**ҚИПЫҢДАТ=** ет. *Ыңғайсыздандыру, қипақтату.*

**ҚИПЫҢДАТУ** *Қипыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИПЫҢДАУ** *Қипыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРА[1]** зат. жерг. *Қамыстан істелген астыға төсейтін зат, бойра.*

**ҚИРА[2]** сын. ескікіт. *Тентек, сотқар.*

**ҚИРА[3]** сын. жерг. *Түгі жақпарланып шалыс біткен.*

**ҚИРА=** ет. **1.** *Шытынау, сыну.* **2.** *Күлталқан болу, бұзылу, күйреу.* **3.** *Үгіліп-мүжілу.* **5.** ауыс. *Қырылу, өлу.* **4.** ауыс. *Құру, жойылу, заманы өту.* **6.** ауыс. *Құлау, шетінен құлай бастау, қисаю.* **7.** ауыс. *Еңсесі түсу, тауы шағылу.*

**Қирап түсті.** *Құрып кетті, жеңілді.*

**ҚИРАӘТ** зат. діни. ескікіт. ***Қирағат.***

**ҚИРААТ=** ет. ескікіт. ***Қирағат.***

**ҚИРАҒА** зат. діни. ескікіт. ***Қирағат.***

**ҚИРАҒАТ** [ар. قراءة] зат. **1.** діни. *Құранды түгелдей немесе оның жекелеген бөлімдерін белгілі бір рәсімге орай жатқа айту.* **2.** діни. *«Құранды» мәнерлеп, әуенімен оқу.* **3.** *Дауыстап оқу.*

**Қирағат кітабы.** діни. *Құран оқу ережесін баяндайтын кітап.* **Қирағат оқытты.** діни. *Ең қысқасы үш немесе осы үш аяттың көлеміндей бір яки екі аяттан тұратын намаздағы «Фатиха» сүресінен кейін оқылатын «Құран» аяттарын айтқызды.*

**ҚИРАҒАТТА=** ет. *«Құранды» оқу ережесіне салып мақамдау, нәшіне келтіру.*

**ҚИРАҒАТТАЙ** сын. *Қирағат сияқты, қирағат тәрізді.*

**ҚИРАҒАТТАУ** *Қирағатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАҒАТХАНА** зат. діни. ескікіт. *Құран оқылатын жер.*

**ҚИРАЙ** үст. *Шетінен, бәрі, түгел; қырқай.*

**ҚИРАҚЕЗ** сын. *Қырсық, қыңыр.*

**ҚИРАЙСОҚ** үст. **1.** *Тындырып, шетінен түгендеп.* **2.** *Тіреліп, әбден аузы-мұрнынан шыққанша, лықа толы.*

**ҚИРАҚЕЗДЕУ** үст. *Қырсықтау, қисықтау.*

**ҚИРАҚЕЗІК** сын. жерг. **1.** *Қисық-қисық, айқыш-ұйқыш, соқтықпалы.* **2.** ауыс. *Қыңыр, қисық, қырсыз.*

**ҚИРАҚЕЗІКТІ** сын. сөйл. жерг. ***Қиракезік.***

**ҚИРАҚӨЗ** сын. *Қырсық, қыңыр, қисық.*

**ҚИРАЛАҢ** елік. *Бұралаң ете қалған, қисайғандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қиралаң етті**. *Қисаң етті, қисайып көзге көрінді.*

**ҚИРАЛАҢДА=** ет. *Қисаңдау, қиралаң-қиралаң ету, аяғын зорға-зорға қисық басу.*

**ҚИРАЛАҢДАТ=** ет. *Қисаңдату, қиралаң-қиралаң еткізу.*

**ҚИРАЛАҢДАТУ** *Қиралаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАЛАҢДАУ** *Қиралаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАҢ** елік. *Қираңдап, қисаңдағандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қираң етті.** *Ауырлықты көтермей, әлі келмей қисайып қалды.*

**ҚИРАҢДА=** ет. *Қираң-қираң ету, қиралаңдау, қиқалаңдау. .*

**ҚИРАҢДАУ** *Қираңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТ=** ет. **1.** *Шағу, сындыру, бүлдіру, құлату.* **2.** *Быт-шыт қылу, ойрандау; күл-талқан ету.* **3.** ауыс. *Тындыру, қопарып істеу.*

**ҚИРАТА** үст. *Быт-шытын шығарып, бұзып-жойып.*

**ҚИРАТА-МИРАТА** үст. сөйл. *Қирата-жапыра, күл талқан қыла.*

**ҚИРАТҚАНСУ** *Қиратқансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТҚАНСЫ=** ет. *Тындырғандай, қиратып, жойғандай кейіп білдіру.*

**ҚИРАТҚЫЗ=** ет. *Быт-шытын шығарту, күл-талқан еткізу, бұзғызу.*

**ҚИРАТҚЫЗУ** *Қиратқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТҚЫШ** сын. *Қирата алатын, бұзғыш.*

**ҚИРАТҚЫШТЫҚ**: **қиратқыштық қабілет**. әск. *Зымырандық шахталар сияқты нығайтылған нысаналарды қиратуға жеткілікті протилді эквивалент пен дәлдікке тәуелді қуатты жүйе.*

**ҚИРАТТЫР=** ет. *Быт-шыт қылдыру, күл-талқанын шығарту, бұздыру.*

**ҚИРАТТЫРУ** *Қираттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТУ** *Қират етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күл-талқанын шығару, құлату, бұзу.* **2.** *Құлату, сұлату, атып түсіру.* **3.** ауыс. *Қырып-жою, қопарып істеу, тындыру.*

**Қиратуды шектеу**. әск. *Ядролық шабуыл кезіндегі қиратылысты азайту мүмкіндігі.*

**ҚИРАТУШЫ** зат. *Құртып жоюшы, бұзып бүлдіруші.*

**ҚИРАТЫЛ=** ет. *Бұзылу, бүліну, шағылу, сындырылу.*

**ҚИРАТЫЛУ** *Қиратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТЫС=** ет. *Күл-талқан етісу, бұзысу.*

**ҚИРАТЫСУ** *Қиратыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАТХАНА** зат. ескікіт. ***Қирағатхана.***

**ҚИРАУ** *Қира етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИРАУЫҚ** сын. *Тез бұзылатын, оңай қирайтын.*

**ҚИСА** зат. сөйл. ***Қисса*** *(ауыз әдебиетіне тән эпикалық жанр; жыр, дастан).*

**ҚИСАБ** зат. ескікіт. ***Есеп.***

**ҚИСАЙ=** ет. **1.** *Бір жағына қарай ауу, қисық тұру.* **2.** *Жамбастап жату, жантаю.* **3.** терм. *Қатты заттың майысып өз формасын өзгертуі.* **4.** *Ұйықтау, жатып дем алу, тынығу.* **5.** ауыс. *Қырсығу, қыңырлық істеу, қиқарлану.* **6.** ауыс. *Өлу, дүние салу.* **7.** *Солу, салбырау, босау.*

**Қисайып қалды.** а) *Қыңырланды, қырсық мінез көрсетті.* ә) *Көз жұмды, қайтыс болды.*

**ҚИСАЙТ=** ет. *Бір жағына қарай бұру, ауыт-қу.* **2.** ауыс. *Тура, дұрыс жолдан ауытқу.* **3.** ауыс. *Арнау, бір іске, біреуге (назарын, сөзін т.б.) бұру, бағыттау.*

**ҚИСАЙТУ** *Қисайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Қисайта түсу, аздап қисайту.*

**ҚИСАЙТЫҢҚЫРАУ** *Қисайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Қисая түсу, қисайып, бір жаққа ауыңқырау.*

**ҚИСАЙЫҢҚЫРАУ** *Қисайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЙЫП-ҚИСАЙЫП** үст. *Қатарынан бір жағына ауа, жамбастап.*

**ҚИСАЙЫП-ҚЫҢЫРАЙ=** ет. *Қыңырлану, қырсығу.*

**ҚИСАЙЫП-ҚЫҢЫРАЮ** *Қисайып-қыңырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЙЫС** зат. *Қисайып қалғандық, қисайғандық.*

**ҚИСАЙЫС=** ет. **1.** *Бір жағына қарай ауысу, қисайып отырысу.* **2.** *Ойысу, қисық кету.* **3.** ауыс. *Алған беттерінен қайтпай, қырсығысу.*

**ҚИСАЙЫСУ** *Қисайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҚ** зат. *Қиқалаңдаушылық, қисаңға салушылық.*

**ҚИСАҚТА=** ет. **1.** *Қисаңдау, қиқаңдау, қисалаңдау; қиқалаңдау.* **2.** ауыс. *Қылтыңдау, қылмыңдау.* **3.** ауыс. *Жалтарып-бұлтару, айну.*

**ҚИСАҚТАУ** *Қисақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қисалаңдау, қиқалаң-қиқалаң ету.* **2.** ауыс. *Қылмыңдау, қылтыңсылтың ету.*

**ҚИСАЛАҚТАУ** *Қисалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЛАҢ** елік. *Бір жағына ауып кеткендегі қайталанба қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Қисық, түзу емес.*

**Қисалаң етті.** *Қиқаң етті, қисаң етті, бір жаққа қарай ауып кетті.*

**ҚИСАЛАҢДА=** ет. *Қисалақтау, қисалаң-қисалаң ету.*

**ҚИСАЛАҢДАС=** ет. *Қисалаң-қисалаң етісу.*

**ҚИСАЛАҢДАСУ** *Қисалаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЛАҢДАТ=** ет. *Қисалаң-қисалаң еткізу.*

**ҚИСАЛАҢДАТУ** *Қисалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЛАҢДАУ** *Қисалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҢ** елік. *Бір жағына қарай ауып қалғандағы қысқа қимылды бейнелейтін қимыл.*

**Қисаң етті.** *Қиқаң етті, қисая кетті.*

**ҚИСАҢДА=** ет. **1.** *Бір жағына қарай ауып қозғалу, қисаң-қисаң ету, қираңдау.* **2.** ауыс. *Қиқаңдау, қиқалақтау; бұлтару, жалтару, тайсалу.*

**ҚИСАҢДАТ=** ет. *Қисаң-қисаң еткізу.*

**ҚИСАҢДАТҚЫЗ=** ет. *Қисаң-қисаң еткізу, қиқалақтату.*

**ҚИСАҢДАТҚЫЗУ** *Қисаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҢДАТУ** *Қисаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҢДАТЫС=** ет. *Қисаң-қисаң етісу.*

**ҚИСАҢДАТЫСУ** *Қисаңдатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҢДАУ** *Қисаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАҢ-ҚИСАҢ** елік. *Бір жағына ауғандағы қайталанған, бұлаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қисаң-қисаң етті**. *Қайта-қайта қисаңдады, қисайып қозғалды.*

**ҚИСАП**[1] [ар. حساب] зат. ескікіт. **1.** ***Есеп.*** **2.** *Тең болушылық.*

**Қисабына көз жетпейді.** *Ұшан-теңіз, көп, өте мол, есепсіз.* **Қисап етті.** ескікіт. *Теңестірді, тең көрді, санатқа қосты.* **Қисап жоқ.** *Өте көп, есепсіз.* **Қисап қылды.** ескікіт. *Іздеу салды, сұрастырды.*

**ҚИСАПАТ** сын. ескі кіт. *Пәле іздеген, кердең.*

**ҚИСАПСЫЗ** сын. ескі кіт. *Есепсіз, өте көп.* **2.** *Теңдесі жоқ.*

**ҚИСАПСЫЗДЫҚ** зат. ескі кіт. *Есепсіз көптік, молдық.*

**ҚИСАПТА=** ет. сөйл. ескі кіт. *Есептеу, есебін шығару.*

**ҚИСАПТАУ** *Қисапта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЮ** *Қисай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСАЯ** үст. *Түзу емес, бір жағына ауа.*

**ҚИСАЯ-ҚИСАЯ: қисая-қисая кетті**. *Қатарынан жантайып ұйықтады, қалғыды.*

**ҚИСАЯ-МИСАЯ** үст. сөйл. *Бір жағына ауа, құлай-жантая.*

**ҚИСМ** зат. ескікіт. ***Қисым.***

**ҚИССА** [ар. قصة ] зат. әдеб. **1.** *Ауыз әдебиеті-не тән эпикалық жанр; сюжетті жыр, дастан, кітаби эпос.* **2.** *Кітаби ақындардың Шығыс әдебиетінің сюжетіне шығарған дастандары, өлеңмен жазылған ертегі-хикая.*

**Қисса қылды.** *Жырға айналдырды, жырлады.*

**ҚИССАДАЙ** сын. *Қисса сияқты, қисса тәрізді.*

**ҚИССАШЫ** зат. *Қиссаны жатқа айтушы, жырау.*

**ҚИССАШЫЛ** сын. *Қиссаны жақсы көретін, қиссақұмар.*

**ҚИСУА** [ар. كسوة] зат. діни. *Меккедегі қасиетті Қағбаның жапқышы.*

**ҚИСЫҚ** сын. **1.** *Бір жағына қисайып кеткен, түзу емес.* **2.** *Әбден ескіріп, түрпаты өзгеріп, майысып кеткен. // Тік емес, көлбеу, қиғаш.* **3.** матем. *Кеңістіктің геометриялық нүктелерінің орны ретінде қарастырылатын геометриялық ұғым.* **4.** ауыс. *Ойысқан, өзгерген, адасқан.* **5.** *Теріс, бұрыс, қате.* **6.** ауыс. *Әділетсіз, жалған.* **7.** ауыс. *Қырсық, қыңыр, кесір. // Қыңыр, қырсық мінезді адам.*

**Қисығы түзелді.** *Мінезі жөнделді, бойындағы жаман қасиеті жойылды.* **Қисық [қисық ағаш тезден, ағаш түзелер тезге салса] ағашты тез түзетер.** *Кез келген теріс кеткен іс, бұрыс жолға түскен адам, т.с.с. қолға алып тырысып бақса, тәртіпке салып, реттесе орнына келер, жөнделер, оңалар деген мағынада.* **Қисық айна.** бейн. *Дұрысты бұрыс, оңды теріс, жақсыны көмескі т.б. қылып бұрмалап көрсететін нәрсе.* **Қисық аяқ.** *Талтақ, бұты қисық.* **Қисық билік.** *Дұрыс емес, қате билік, теріс төрелік.* **Қисық бітті.** *Қисая өсті.* **Қисық жолдағы.** *Теріс бағыттағы.* **Қисық жорыды.** *Теріс болжам жасады.* **Қисық мұрт.** *Айтқанынан қайтпайтын, қисық, қыңыр.* **Қисық мінез.** *Айтқанға көнбейтін, қыңыр.* **Қисық сызық.** матем. *Координаттары белгілі бір айнымалы шаманың функциясы түрінде берілген кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орны.* **Қисық сызықты интеграл.** матем. *Жазықтықтағы немесе кеңістіктегі кез келген қисық сызықтың бойымен алынған интеграл.* **Қисық табан.** этн. *Оң аяқ пен сол аяққа киетін сыңары бір-бірінен ажырамайтын, бірдей болып келген (етік).* **Қисық табанды.** *Қисық табан етік киген.* **Қисық табан етік.** этн. *Дәстүрлі тәсілмен пішілген аяқкиімнің бір түрі, яғни оң аяқ пен сол аяққа киетін сыңары бір-бірінен ажырамайтын, бірдей болып келген аяқкиім.* **Қисық төс.** түйешар. *Нар түйе мен інгеннің будандасуынан туған.*

**ҚИСЫҚАУЫЗ** зат. жерг. ***Майшабақ.***

**ҚИСЫҚҚАНАТ** зат. өс. <лат. campyloptera>*Қуаңшылыққа төзімді, жалаңаш, тостаған жапырақшалары тік өскен, күлгіндеу келген күлтелері бар тау бөктерінде өсетін біржылдық шөптектің өсімдік.*

**ҚИСЫҚ-ҚЫЛИ** сын. *Түзу емес, ретсіз, қиқы-жиқы.*

**ҚИСЫҚ-ҚЫҢЫР** сын. **1.** *Қисайып-майысып қатып қалған.* **2.** ауыс. *Қырсығып-бұлтарып қалған.*

**ҚИСЫҚТАН=** ет. **1.** *Қисық болу, қисаю.* **2.** ауыс. *Қыңырлану, қырсықтану.*

**ҚИСЫҚТАНУ** *Қисықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫҚТАУ** сын. *Аздап қисық өскен, қисайыңқыраған.*

**ҚИСЫҚТӨС** зат. кәс. түйешар. *Қоспақ пен айыр түйенің арасынан шыққан, суыққа шыдамсыз, өзі әлсіз түйе тұқымы.*

**ҚИСЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Бір жағына қисайып кеткендік.* **2.** матем. *Қисық сызықтың (беттің) тік сызықтан (жазықтықтан) ауытқу дәрежесін сипаттайтын шама.* **3.** ауыс. *Кесірлік, қырсықтық, қыңырлық.*

**ҚИСЫҚ-ШОЙТЫҚ** сын. сөйл. *Үйлесімсіз, ұйқассыз.*

**ҚИСЫМ** зат. ескікіт. *Бөлік, бөлшек; бөлім.*

**ҚИСЫН** зат. **1.** *Бір нәрсенің ыңғайы, реті, жүйесі, нобайы, орайы.* **2.** *Жорамал, болжам.* **3.** пед. *Логика, логикалық сараптау.*

**Қисыны келді.** *Реті табылды, жөні түсті.* **Қисыны кетті.** *Рет-жөні болмай, қиюы қашты, берекесі қалмады.* **Қисыны қашқан.** *Берекесі кеткен, бей-берекет.* **Қисынын келтірді.** *Орайын, ыңғайын тапты.* **Қисынын тапты**. *Ретін, орайын келтірді.*

**ҚИСЫН=** ет. *Үйлесу, ұйқасу, реті келу, қисыны келу.*

**ҚИСЫНДА=** ет. **1.** *Қисынын келтіру, жүйелеу.* **2.** *Жорамалдау, болжау, шешу.*

**ҚИСЫНДАМА** зат. *Қағидат, ұстаным.*

**ҚИСЫНДАС=** ет. *Қисыны келу, үйлесу.*

**Қисындасқан соққы.** спорт. *Шабуыл соққылары мен қорғану амалдарының бір-бірімен ретті байланысуы, белгілі бір мақсатты көздеп, белгілі бір екпінде орындалуы.*

**ҚИСЫНДАСТЫҚ** зат. *Үйлесімділік, сәйкестік.*

**ҚИСЫНДАСТЫР=** ет. *Жүйелеу, орайластыру, қисынын келтіру.*

**ҚИСЫНДАСТЫРУ** *Қисындастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНДАСУ** зат. геол. *Биоценозды және оның топтарының бірнеше немесе көптеген бірігу жиынтығына жататын, бір-бірімен кезектесетін ценоэкожүйелердің жиынтығы.*

**ҚИСЫНДАСУ** *Қисындас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНДАТ=** ет. *Қисынын табу, ретін келтіру.*

**ҚИСЫНДАТУ** *Қисындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНДАУ** *Қисында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНДЫ** сын. *Орынды, жүйелі; жөні бар.*

**ҚИСЫНДЫЛАУ** сын. *Орындырақ, дұрысырақ, жөнірек.*

**ҚИСЫНДЫЛЫҚ** зат. *Дұрыстық, орындылық.*

**ҚИСЫНДЫР=** ет. *Қисынына келтіру, қиыстыру; жүйелеу.*

**ҚИСЫНДЫРУ** *Қисындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНСЫЗ** сын. *Орынсыз, ретсіз; жүйесіз, негізсіз.*

**Қисынсыз әзіл.** *Орынсыз, жөн-жосықсыз, жөнсіз айтылған қалжың сөз, күлдіргі қылық.* **Қисынсыз жерге пышақ ұрды.** *Орынсыз жерге жабысты, кісінің қимас нәрсесін сұрап, әлек болды; босқа әуреленді.*

**ҚИСЫНСЫЗДАУ** сын. *Орынсыздау, ретсіздеу, ыңғайсыздау.*

**ҚИСЫНСЫЗДЫҚ** зат. *Үйлеспеушілік, орынсыздық, ұйқаспаушылық.*

**ҚИСЫНУ** *Қисын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИСЫНШЫ** зат. *Ұйқастырушы, үйлестіруші, ұйымдастырушы.*

**ҚИСЫПЫР** сын. *Жапырлаған, шаңдағы шыққан.*

**ҚИТ**: **қит етсе.** *Бірдеңе десе, сәл нәрсе жасаса.*

**ҚИТАБАН** сын. жерг. *Мызғымайтын, мыңқ етпейтін, қасарма, қыңыр.*

**ҚИТАБАНДА=** ет. *Табандап қатып қалу, қасарысу, міз бақпау.*

**ҚИТАБАНДАН=** ет. *Қасарысу, қырсығу.*

**ҚИТАБАНДАНУ** *Қитабандан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТАБАНДАУ** *Қитабанда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТАҚ** зат. кәс. *Суармалы егістік жүйесіндегі шағын атыз, тақта; атыздың іші, бір бөлігі.*

**ҚИТАЛАС=** ет. жерг. *Таласып-тартысу, қырқысу, тайталасу.*

**ҚИТАЛАСУ** *Қиталас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТАР**[1] зат. *Түйелер тізбегі.*

**ҚИТАР**[2] сын. **1.** *Көзі қисық, екі көзінің жанары біріне-бірі қиғаштала біткен.* **2.** ауыс. *Жөнге көнбейтін қиқар, қырсық, қияңқы.*

**ҚИТАРЛА=** ет. *Көзін қитарландыру, қылиландыру.*

**ҚИТАРЛАН=** ет. **1.** *Көзі қылилану, қисайып кету.* **2.** ауыс. *Қиқарлану, қырсығу, кесірлену.*

**ҚИТАРЛАНУ** *Қитарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТАРЛАУ** сын. *Көзі қисықтау, қылилау.*

**ҚИТАРЛАУ** *Қитарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТАРЛЫҚ** зат. **1**. *Көзі қисықтық, қылилық.* **2.** ауыс. *Қиқарлық, қырсықтық.*

**ҚИТҒА** зат. ескікіт. *Бөлік, бөлім.*

**ҚИТИ=** ет. жерг. *Қырсығу, қитығу.*

**ҚИТИЮ** *Қити етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТ-ҚИТ**: **қит-қит салды**. *Қит-қит деп атты демеді, жел беріп желіктірді.*

**ҚИТ-ҚИТТА=** ет. *Қоздыру, жел беру, көпшік қою.*

**ҚИТ-ҚИТТАУ** *Қит-қитта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТТА=** ет. *Қит деген дыбыс шығару.*

**ҚИТТАЙ** сын. сөйл. *Құрттай, кішкентай, ұсақ, майда.*

**ҚИТТАУ** *Китта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТҰРҚЫ** зат. *Қулық-сұмдық, айла-тәсіл, амал.*

**ҚИТҰРҚЫЛАН=** ет. *Қулық істеу, айлакерлену, сұрқиялану.*

**ҚИТҰРҚЫЛАНУ** *Қитұрқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТҰРҚЫЛЫҚ** зат. *Қулық істегендік, айлакерлік, сұмырайлық.*

**ҚИТЫҒУ** *Қитық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТЫҚ** зат. **1.** *Қиындық, қиыншылық, ауыртпалық.* **2.** *Қырсық, қиқарлық.* **3.** *Ашу, шам, реніш, көңіл.*

**Қитығына тиді.** *Ызасын келтірді, ашуландырды.* **Қитықтан ситық [сылтық] тапты**. *Сынықтан сылтау іздеді.*

**ҚИТЫҚ=** ет. **1.** *Ерегісу, өршелену, қасарысу.* **2.** *Қырсығу, қыңырлану.*

**ҚИТЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Қиындықсыз, оңай.* **2.** *Қырсықсыз, қиқарлығы жоқ.*

**ҚИТЫҚТАН=** ет. **1.** *Қиғаштану, қиықшалану.* **2.** ауыс. *Қырсығу, қыңырлану.*

**ҚИТЫҚТАНУ** *Қитықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТЫҚТЫ** сын. *Қиындығы мол, ауыр, машақатты.*

**ҚИТЫҚТЫР=** ет. *Ашуландыру, ренжіту, ызаландыру.*

**ҚИТЫҚТЫРУ** *Қитықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТЫҢ**[1] елік. *Қисаң-қисаң еткен жүрісті бейнелейтін сөз.*

**ҚИТЫҢ**[2] сын. *Қырсық, қыңыр, қисық.*

**ҚИТЫҢДА=** ет. *Қитың-қитың ету.*

**ҚИТЫҢДАУ** *Қитыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИТЫРҚЫ** сын. сөйл. ***Қитұрқы.***

**ҚИТЫРЛАН=** ет. *Қырсығу, қасарысу.*

**ҚИТЫРЛАНУ** *Қитырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИУ** зат. ескікіт. **1.** *Қойма.* **2.** *Зындан, қапас, абақты.* **3.** *Құдық, апан.*

**ҚИУА** зат. **1.** *Ұрымтал жер.* **2.** *Қиян, алыс, шалғай жер.*

**Қиуасын тапты.** *Ретін келтірді, қисынын тапты.*

**ҚИУАДА** үст. *Жырақта, оңашада.*

**ҚИУАЗ**: **қиуазын қайтарды**. жерг. *Қарымын, есесін қайтарды.*

**ҚИУАСЫЗ** сын. **1.** *Негізсіз, бостан-бос, жазықсыз.* **2.** *Қиын, қолайсыз.*

**ҚИЫҚ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір затты (мата, қаңылтыр т.б.) кескеннен қалған қалдық.* **2.** *Бір нәрсенің қиындысы; шетпұшпағы.*

**ҚИЫҚ**[2] сын. *Қиғашталып қиылған, қиғаш.*

**Қиық ен.** этн. *Құлаққа тіліп салынған қиғаш, қисық ен.* **Қиық көз**. *Сығырайған қысық көз.* **Қиық қасты.** *Қасы қиылған, әдемі.* **Қиық құлақ.** а) *Құлағы сүйірлене біткен, ұшкір.* ә) *Сотқар, заң бұзған адам.* **Қиық мұртты.** *Шалғысының ұшын сүйірлеп қойған жіңішке мұртты.*

**ҚИЫҚ**[3] зат. **1.** *Қисын, рет, жөн.* **2.** ауыс. *Қыңыр, қисық.*

**ҚИЫҚ-ҚИЫҚ** сын. *Бөлшек-бөлшек, ұсақ, майда.*

**ҚИЫҚ-ҚИЯҚ** зат. *Қиқым, ұсақ, майда қалдық.*

**ҚИЫҚСӘСКЕ** зат. *Түске жақындаған мерзім.*

**ҚИЫҚСЫЗ** сын. *Ешбір міні жоқ; жат емес.*

**ҚИЫҚТА=** ет. **1.** *Қиғаштау, қиғаштай қию.* **2.** *Айналсоқтау, тору, келгіштеу.* **3.** *Көз қырын тастау.* **4.** *Қию, қиюластыру.*

**ҚИЫҚТАЙ** сын. *Қиқымдай, бір жапырақ.*

**ҚИЫҚТАЛ=** ет. *Қиғашталу.*

**ҚИЫҚТАЛУ** *Қиықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫҚТАН=** ет. **1.** *Қиықшалану, сығыраю.* **2.** ауыс. *Қырсығу, қыңыраю.*

**ҚИЫҚТАНУ** *Қиықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫҚТАТ=** ет. *Қиғаштату, сығырайту, жымситу.*

**ҚИЫҚТАТУ** *Қиықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫҚТАУ** сын. *Қиғаштау, қисықтау.*

**ҚИЫҚТАУ** *Қиықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫҚТЫ** сын. **1.** *Қиып салынған.* **2.** *Қиғаш.* **3.** ауыс. *Мінсіз, орынды.*

**ҚИЫҚША**[1] зат. *Қиықшалап, ұшкілдеп жасалған зат, әшекейлік ою-өрнек.*

**ҚИЫҚША**[2] сын. *Қиғаш кесілген, бұрышталып келген.*

**Қиықша ен.** этн. *Малдың құлағына салынатын ен-таңбаның бір түрі.* **Қиықша көз**. *Қысыңқы көз.* **Қиықша мұрт.** *Қиықшаланып келген мұрт.* **Қиықша орамал.** этн. *Үш бұрышты жаулық, орамал.*

**ҚИЫҚШАЛА=** ет. *Қиықша ету, қиғаш етіп кесу.*

**ҚИЫҚШАЛАН=** ет. *Қиықша етілу, қиғашталу.*

**ҚИЫҚШАЛАНУ** *Қиықшалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫҚШАЛАУ**[1] сын. *Қиықшалана түскен.*

**ҚИЫҚШАЛАУ**[2] *Қиықшала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫЛ=** ет. **1.** *Кесілу, үзілу.* **2.** *Шаншылу, оқшаулану.* **3.** *Жырылу, тілінің кету, үзілу.* **4.** ауыс. *Қиып қойғандай сұлу көріну.* **5.** ауыс. *Наздану, қылымсу.* **6.** ауыс. *Өтіну, сұрау, жалыну, жалбарыну.*

**Қиыла қарады.** *Тілек ете, наздана көз тастады.* **Қиылып сұрады.** *Қатты өтінді.*

**ҚИЫЛДЫР=** ет. *Қиғаштату, қиюластыру.*

**ҚИЫЛДЫРУ** *Қиылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫЛУ** *Қиыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫЛЫС** зат. **1.** *Екі көшенің немесе жолдың бірін-бірі қиып өткен жері.* **2.** *Екі заттың, бөлшектің жапсарлас-қан, ұштасқан, түйісетін жері.*

**ҚИЫЛЫС=** ет. **1.** *Түйісу, қосылу, ұштасу.* **2.** ауыс. *Қылмию, наздана қарасу.*

**ҚИЫЛЫСТЫР=** ет. **1.** *Жымдастыру.* **2.** *Үйлестіру, ұйқастыру, қиюластыру.*

**Қиылыстыра телу.** биол. *Қатар өсіп тұрған телітуші мен телушінің 2-3 жылдық бұтақтарының сыртқы қабатын кесіп алып, бір-біріне камбий қабатын сәйкестеп қиылыстырып телу.*

**ҚИЫЛЫСТЫРУ** *Қиылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫЛЫСУ** *Қиылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫН**[1] зат. сөйл. *Бұйымның, нәрсенің қиюласқан жері, қындастырылған тұсы, жігі.*

**Қиыны қашты.** сөйл. *Берекесі қашты, қисыны кетті.*

**ҚИЫН**[2] зат. сөйл. *Таудың, шың-құздың, қия-жартастың адам аяғы сирек басатын жері; қиян.*

**Қиын биік қия.** *Жолы қиын, шалғай, алыс жер.*

**ҚИЫН**[3] сын. **1.** *Бейнеті, машақаты көп, михнатқа толы; жеңіл емес.* **2.** *Күрделі, ауыр, қыр-сыры мол.* **3.** *Оңайшылықпен бола қоймайтын, оңай емес.* **4.** жерг. *Жайсыз, жағымсыз, жаман, нашар.*

**Қиын бала [жеткіншек].** пед. *Тәлім-тәрбиеге оңай көне бермейтін бала.* **Қиын балқитын қорытпалар.** кен. *Темірдің балқу температурасынан ($153^0$ градус цельсий) жоғары температурада балқитын қорытпалар.* **Қиын балқитын металдар.** кен. *Балқу температуралары темірдің балқу температурасынан жоғары металдар.* **Қиынға айналды [түсті]**. *Қиындады, ауырлады.* **Қиынға құлаш ұрды [сермеді]**. *Ұлы мақсатқа талпынды, биік нысана көздеді.* **Қиынға салды [жұмсады]**. *Жауапты тапсырма берді, қиындығы көп істі тапсырды.* **Қиынға соқты.** *Оңайға түспеді, қиын тиді, қиналды.* **Қиын жағдай кешті.** *Ыңғайсыз жағдайда қалды.* **Қиын кезең.** *Қысыл-таяң уақыт, қиын-қыстау кез.* **Қиын кезеңдерді белден басты**. *Қиындыққа мойынсұнбады, ауыртпалықты жеңді, төтеп берді.* **Қиын кешу жол кешті.** *Қиындыққа, ауыртпалыққа тап болды.* **Қиын көрді.** *Қиын санады, қиынсынды.* **Қиын мінез.** *Ауыр, томырық, ожар, мінез.* **Қиыннан қиыстырды [қисындырды].** *Қисынын, қалауын тапты, үйлесімін келтірді, қиын істің тетігін білді.* **Қиын нәрсе.** *Орындалуы ауыр, қолдан келмейтін жұмыс, әрекет.* **Қиынның қиыны.** *Өте қиын, тым ауыр, одан асқан қиыншылық жоқ.* **Қиын өткел.** *Өмірдің сыналар сәті, сынағы.* **Қиын тәрбиеленуші.** пед. *Баланың тәлімдік әсерге ұғынықты немесе ұғынық-сыз түрдегі қарсылығы.* **Қиын тиді [соқты].** а) *Оңайға түскен жоқ, ауыртпалығы күшті болды.* ә) *Жеңіл болмады, ауыр соқты.*

**ҚИЫНДА**[1]**=** ет. *Қиынын келтіру, қиын-дастыру.*

**ҚИЫНДА**[2]**=** ет. **1.** *Қиындық молая түсу, бөгет, кедергі көбею.* **2.** *Күрделену, ауырлау, оңайлықпен істелмеу.* **3.** *Нашарлау, әлсіреу, мардымсыздану.*

**ҚИЫНДАС=** ет. **1.** *Қиюы келу, қиюласу, жымдасу.* **2.** жерг. *Жақындасу.*

**ҚИЫНДАСТЫР=** ет. *Қиюын келтіру; жақындастыру.*

**ҚИЫНДАСТЫРУ** *Қиындастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДАСУ** *Қиындас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДАТ=** ет. *Ауырлату, қиындық келтіру.*

**ҚИЫНДАТТЫР=** ет. *Ауырлаттыру, күрделендіру.*

**ҚИЫНДАТТЫРУ** *Қиындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДАТУ** *Қиындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДАТЫЛ=** ет. *Күрделендірілу, ауырлату.*

**ҚИЫНДАТЫЛУ** *Қиындатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДАУ**[1] сын. **1.** *Қиынырақ, күрделірек, ауырлау.* **2.** ауыс. *Мінезі шатақтау, шәлкем-шалыстау.*

**Қиындау болды [соқты, тиді].** *Оңай болмады, ауырлау соқты, қиынға түсті.*

**ҚИЫНДАУ**[2] *Қиында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНДЫ** зат. **1.** *Мата, былғары, қиынды қағаз т.б. нәрселерді кесіп-пішкеннен түсетін қалдық.* **2.** *Әртүрлі өнеркәсіп, құрылыс материалдарының өндіріске жарамсыз қалдығы.* **3.** *Әртүрлі мақсат үшін қиып алынған нәрсе, зат.* **4.** *Ұзағырақ сақтау үшін қиып алынған баспасөз бетінде жарияланған материал.*

**ҚИЫНДЫ-ЖИЫНДЫ** сын. сөйл. *Құранды, одан-бұдан құралған.*

**ҚИЫНДЫҚ** зат. **1.** *Азап, бейнет, қиыншылық, ауыртпалық.* **2.** *Жоқшылық, мұқтаждық, тапшылық.* **3.** ауыс. *Кедергі, бөгет.*

**Қиындық әкелді [келтірді].** *Қиындатты, белгілі бір істің орындалуына кесірін тигізді.* **Қиындық көрді.** *Бейнет, азап шекті.* **Қиындыққа [апарып] соқты**. *Қиындық туғызды, ауыр болды.* **Қиындыққа түсті.** *Ауыр тиді, оңайлықпен келмеді.* **Қиындыққа ұшырады.** *Жеңіл болмады, ауыр тиді; оңайға түспеді.* **Қиындықтан қашты**. *Жанын қинамады, жалтарды.* **Қиындық туғызды**. *Басына бейнет әкелді, ауыртпалық түсірді.* **Қиындықты белден басты.** бейн. *Қиындыққа мойынсұнбады, ауыртпалықты жеңе білді.* **Қиындықты жеңді.** *Төзімділік білдірді, дегеніне жетті.* **Қиындықтың көктасын кесті.** *Кедергі, тосқауылдарға қарамай алға жүрді.*

**ҚИЫНДЫҚСЫЗ** сын. *Бейнетсіз, азапсыз, кедергісіз, бөгетсіз; оңай.*

**ҚИЫН-КЕСКІ** сын. *Күрделі, қиыншылығы көп.*

**ҚИЫН-ҚАПАС** сын. *Ауыртпалығы көп, қиын жағдай.*

**ҚИЫН-ҚИЛЫ** сын. *Қиындыққа толы.*

**ҚИЫН-ҚЫСПАҚ** сын. *Қысылтаяң, аласапыран, үргін-сүргін, дүрбелең.*

**ҚИЫН-ҚЫСТАЛАҢ** сын. *Азапты, қиын, ауыр.*

**ҚИЫН-ҚЫСТАУ** сын. *Қиыншылықты, ауыр азапты.*

**Қиын-қыстау заман.** *Аласапыран уақыт.* **Қиын-қыстау кезең.** *Ауыр жағдай, сәт.* **Қиын-қыстау күн кешті.** *Басынан көп қиыншылықтар өткізді.* **Қиын-қыстау күн туды**. *Басына қиыншылық түсті.*

**ҚИЫНСЫН=** ет. *Қиын көру, ауырсыну.*

**ҚИЫНСЫНУ** *Қиынсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЫНШЫЛ** сын. *Қиынсынғыш, қиын көргіш.*

**ҚИЫНШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бейнет, азап, михнат.* **2.** *Ауыртпалық, қиындық, қиын-қыстау.*

**Қиыншылық жыл [заман].** *Ел басына ауыртпалық түскен мезгіл, уақыт.* **Қиыншылықты жеңді**. *Қандай жағдай болса да шыдады, қажымады, қайыспады.*

**ҚИЫНШЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Бейнеті аз, қиындығы жоқ, оңай.*

**ҚИЫНЫРАҚ** сын. *Қиындау, аса оңай емес, ауырырақ.*

**ҚИЫҢҚЫРА=** ет. 1. Әлде де қия тусу, көбірек қию. 2. ауыс. Бергісі, тастағысы келіңкіреу. 3. ауыс. Аяңқырау, жаны ашыңқырау.

**ҚИЫҢҚЫРАУ** Қиыңқыра етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫП-ПІШ=** ет. Долбарлау, шамалау.

**ҚИЫПСАЛ** сын. Өткір тілді, кесіп айтатын.

**ҚИЫР** сын. 1. Алыс, жырақ, қиян, шалғай. 2. Шет, түкпір, бұрыш. 3. Шексіз, шетсіз, кең. 4. ауыс. Асу, бел.

**Қиырға құлаш ұрды [жайды].** Алысқа талпынды. **Қиырға шапты [шырқады].** Алысқа самғады, қиянға құлаш ұрды. **Қиырдың қиыры.** Алыстың алысы, шеттің шеті. **Қиырдың қылаңындай тап болды.** жерг. Ойда жоқта, көктен түскендей тап болды. **Қиыр жайлады.** Елден оңаша, бөлек, жырақта болды. **Қиыр жайлап, шет қонып.** Ел-жұрттан бөлек, оқшау. **Қиыр шалғай.** Алыс жер, шет. **Қиыр шет [түкпір].** Қиян шет, алыс.

**ҚИЫР-ҚИЫР** сын. Алыс, шалғай, жырақ. // Жер-жаһан, жан-жақ, барлық жер.

**ҚИЫРЛА=** ет. сөйл. ***Қияла.***

**ҚИЫРЛАУ** Қиырла етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫРМАН: қиырман да шиырман.** Әбігер, сапырылыс, пұшайман.

**ҚИЫРСЫЗ** сын. Қиыры жоқ, шетсіз, шексіз.

**ҚИЫРСЫЗ-ШЕКСІЗ** сын. Алыс, шеті жоқ, шалғай.

**ҚИЫРСЫН=** ет. Алыссыну, қашықсыну, шетсіну.

**ҚИЫРСЫНУ** Қиырсын етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫРШАҚ** сын. сөйл. ***Қиыршық.***

**ҚИЫР-ШИЫР** сын. 1. Шым-шытырық, бейберекет. 2. Ирек-ирек. 3. Иір-иір.

**ҚИЫР-ШИЫРЛЫ** сын. Қиыр-шиыры, бұралаңы көп, мол.

**ҚИЫРШЫҚ** зат. Құмның, т.б. ұсақ, майда қатты түйіршіктері.

**Қиыршық қар.** Ақ түйіршік күйінде жауатын, құрамында ылғалы мол будақ бұлттан түсетін қар түрі. **Қиыршық шақпақтастық құрылым.** геол. Қырлы және ірілігі 2-100 мм аралығындағы, құрамында шақпа материалдар басым келетін ірі сынықты құрылым түрі.

**ҚИЫРШЫҚТА=** ет. Түйіршіктеу, жентектелмей, түйір-түйір етіп ұсату, майдалау.

**ҚИЫРШЫҚТАЛ=** ет. Түйіршіктелу, ұсақталу, майдалану.

**ҚИЫРШЫҚТАЛУ** Қиыршықтал етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫРШЫҚТАН=** ет. Түйіршіктену, майдалану.

**ҚИЫРШЫҚТАНУ** Қиыршықтан етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫРШЫҚТАС** зат. <франц. gravier> 1. кен. Ірі түйірлі жұмыр шөгінді тау жынысы. 2. құрыл. Ірі тастардан қиыршықталған құрылыс материалы.

**ҚИЫРШЫҚТАСТЫ** сын. Қиыршықтасы көп, қиыршықтас салынған.

**Қиыршықтасты бетон.** құрыл. Қиыршықтас араластырып құйған бетон. **Қиыршықтасты қабат.** құрыл. Қиыршықтасы мол жыныс, қабат.

**ҚИЫРШЫҚТАУ[1]** сын. Қиыршық тәрізділеу, ұсақтау.

**ҚИЫРШЫҚТАУ[2]** Қиыршықта етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫРШЫҚТЫ** сын. 1. Түйірлі, қиыршығы бар. 2. Сіркелі, түйіршік салып әшекейленген.

**Қиыршықты қапсырма.** Беті сіркеленген қапсырма. **Қиыршықты шөгінділер.** геол. Гравий өлшемді (1-10 мм) жұмырланбаған сынықтардан тұратын шөгінділер.

**ҚИЫС[1]=** ет. Бір-біріне қымбат зат сыйлау, беру.

**ҚИЫС[2]=** ет. 1. Қиюласу, қиындасу. 2. Үйлесу, сәйкесу, байланысу. 3. Үндесу, ұйқасу.

**ҚИЫС[3]=** ет. 1. Аяспау, көңілін қалдырысу, безісу. 2. Қоштасу, айырылысу.

**ҚИЫС** сын. 1. Қиғаш, қисық. 2. Қырын, қиялай; тіктеп емес. 3. Жанай, бір бүйір, бұрыс. 4. ауыс. Қыңыр, қырсық; жөнсіз.

**Қиыс қабақ.** Қырын қабақ, жаратпаған сыңай. **Қиыс қарады.** Теріс қабақ көрсетті, жақтырмады. **Қиыс тартты.** Қыңырайды, қырсықты.

**ҚИЫСПАС** сын. Бір-бірінен жанын аямайтын, қимас.

**ҚИЫСПАСТЫҚ** зат. Қимастық, қимаушылық.

**ҚИЫСТА=** ет. 1. Қиғаштай, қиялай жүру. 2. ауыс. Бұра тарту, ауытқу, қисық кету; лағу.

**Қиыстай жөнелді.** Тік емес, қиғаш бағытта қозғалды. **Қиыстай тартты.** Қиғаштай жүрді. **Қиыстап келді.** Сөзді тура бастамай, әріден қозғады. **Қиыстап өтті.** Қиғаштап бір бүйірден, жанасалап өтті.

**ҚИЫСТАН=** ет. 1. Қиғаштап жүру, қиялай жүру. 2. ауыс. Қырсықтану, қырсығу.

**ҚИЫСТАНУ** Қиыстан етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫСТАТ=** ет. Ауытқыту, жанасалату.

**ҚИЫСТАТУ** Қиыстат етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫСТАУ[1]** сын. 1. Бұрыстау, қиғаштау. 2. Бір бүйірлеу, шеткерірек.

**Қиыстау тиді.** Қолайсыз болды.

**ҚИЫСТАУ[2]** Қиыста етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫСТЫҚ** зат. 1. Қисықтық, қиғаштық. 2. ауыс. Қырсықтық, қиқарлық.

**ҚИЫСТЫР=** ет. 1. Қисынын келтіру, үйлестіріп ретін табу, құрастыру. 2. спорт. Гимнастикада, акробатикада, көркем гимнастикада, мәнерлеп сырғанауда т.б. қимылдардың тұтасып, үйлесім табуы, өзара қиысып, бір көрініске бірігуі.

**Қиыннан қиыстырды.** Шебер үйлестірді, жымын білдірмеді.

**ҚИЫСТЫРМА** зат. өнер. Көркем шығарманың мазмұнына, сипатына, бағытталу ерекшелігіне, оның түйсінілу жүйесіне байланысты құрылымы.

**ҚИЫСТЫРМАЛЫ** сын. Құрастырмалы, қиыстыратын.

**ҚИЫСТЫРУ** Қиыстыр етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫСТЫРЫЛ=** ет. Қиюластырылу, құрастырылу.

**Қиыстырылған суармалау.** сушар. Егістікті суару үшін табиғи жағдайға байланысты жартылай жабық құбыр желісімен, жартылай ашық түрде канал желілерімен салынатын жүйе. **Қиыстырылып құралған көпір.** әск. Жалпақ суға салынатын, жүзбелі не қатты, берік тіреулер қолданылатын көпір.

**ҚИЫСТЫРЫЛУ** Қиыстырыл етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЫСУ[1]** зат. лингв. Сөз бен сөзді байланыстырушы синтаксистік амалдардың бірі; сөз бен сөздің жіктік жалғаулар арқылы байланысқан түрі.

**ҚИЫСУ[2]** Қиыс[1] етістігінің қимыл атауы; бір-біріне қымбат зат берісу.

**ҚИЫСУ[3]** Қиыс[2] етістігінің қимыл атауы; қиюласу, жымдасу, үйлесу.

**ҚИЫС[4]** Қиыс[4] етістігінің қимыл атауы; қоштасу, айырылысу.

**ҚИЫСЫРАҚ** сын. Сәл қиыс, қиғаш, қиыстау; тура емес.

**ҚИЮ[1]** зат. Қиысқан нәрсенің, заттың жігі, ұштасқан жері.

**Қию бұрышы.** матем. Екі түзудің қиылысу нүктесіндегі бұрыш. **Қиюдан қосылды.** Екі тараптан, бұрыштан, жан-жақтан келіп қосылды, ұшырасты. **Қиюы жоқ.** Қисыны қашқан, берекесі жоқ. **Қиюы келді.** Сәті түсті, орайы келді. **Қиюы қашқан.** Ештеңеге жарамай қалған (бұйым). **Қиюы қашты [кетті].** а) Кенеуі кетті, алқа-салқа болды. ә) Жігі ажырап, рет-жөні бұзылды; ынтымақ, бірлік болмады; берекесі кірмеді. **Қиюына қыл батпады.** Жігі білінбеді, жүйесін бұзбады, берік жымдасты. **Қиюына [қайта] түсті.** Табиғи қалыбына келді, жымдасты. **Қиюын тапты.** Қиюластырды, орайын тапты; шебер ұштастырды.

**ҚИЮ[2]** Қи етістігінің қимыл атауы. 1. Қоштасу, айырылысу. 2. Өзгеге беру, аямау. 3. Жол беру, солай деп ойлау. 4. Қажау. 5. инф. <ағыл. truncate> Бағдарламалауда кіші разрядтарды алып тастау арқылы дөңгелектеу, жолдың басын немесе соңын жою. 6. ауыс. Ою, өсу.

**ҚИЮАЗ[1]** зат. сөйл. 1. ***Қиуаз*** (төлем, құн, қарымта). 2. жерг. Қолқа, қалау.

**ҚИЮЛА=** ет. 1. Қиюын келтіру, қиып құрастыру, қиюластыру. 2. Үйлестіру, мәнерлеп тігу, көмкеру. 3. ауыс. Мәнерлеп сөйлеу, сөздің қиюын келтіріп айту.

**ҚИЮЛАН=** ет. Қиюы келтірілу, қиюластырылу.

**ҚИЮЛАНУ** Қиюлан етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛАС=** ет. Қиюы келу, сәйкесу, үйлесу.

**Қайта қиюласты.** Қалпына келді.

**ҚИЮЛАСТЫР=** ет. Қиюын келтіру, қиып құрастыру, үйлестірілу.

**ҚИЮЛАСТЫРУ** Қиюластыр етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛАСТЫРЫЛ=** ет. Қиюы келтірілу, үйлестірілу.

**ҚИЮЛАСТЫРЫЛУ** Қиюластырыл етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛАСУ** Қиюлас етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛАТ=** ет. Қиюын келтірту.

**ҚИЮЛАТУ** Қиюлат етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛАУ** Қиюла етістігінің қимыл атауы.

**ҚИЮЛЫ[1]** сын. Қисынды, үйлесімді, орынды.

**ҚИЮЛЫ[2]** сын. 1. Кесілген, қиылып дайындалған. 2. Ұшталған, ұшы сүйір, жіңішке.

**ҚИЮСЫЗ** сын. Қиюы, байланысы жоқ; қисынсыз.

**ҚИЮСЫЗДЫҚ** зат. Сәйкеспеушілік, үйлеспеушілік, ретсіздік, жөнсіздік.

**ҚИЮ-ШИЮ** зат. Ырду-дырду.

**ҚИЮШЫ** зат. 1. Өндіріс орындарында металл, ағаш, тас материалдарын, мата, қағаз рулондарын тиісті көлемде, керекті формат бойынша қиятын адам. 2. матем. Шеңберді немесе параллель түзулерді қиып өтуші.

**ҚИЯ[1]** зат. 1. Таудың, төбенің т. б. тік құлама беті. 2. Тау мен төбенің беткейі. 3. ауыс. Аспан, көк, ғарыш. 4. ауыс. Алыс жер, шалғай өлке; қиын жер, қиян. 5. ауыс. Жат жер, бөтен ел, шет жұрт.

**Қияға қанат қақты [сермеді].** Алыс армандарға талпынды. **Қияға құлаш сермеді [ұрды].** Биікке қол созды, талпынды. **Қияға салды.** Қиынға жұмсады; ауыр жүк артты. **Қияға самғады [сілтеді].** Шарықтады, шарлады. **Қиядан көрді [шалды].** Алыстан таныды, жырақтан көзі шалды. **Қия жазбас.** Алғыр. **Қия жартас.** Тік жартас.

**ҚИЯ[2]** сын. 1. Қиғаш, қисық, түзу емес. 2. ауыс. Қыңыр, қырсық.

**Қия бастырмады.** Ешқайда жібермеді, тырп еткізбеді. **Қия бұрылмады [кетпеді].** Нысанадан аумады, жолдан шықпады. **Қия жібермеді.** Адастырмады, бағытынан тайдырмады. **Қия салды.** Қиыр, ешкім жетпейтін қиянды мекендеді. **Қия тартты.** Қиыс кетті, жөнге келмеді.

**ҚИЯБЕТ** зат. кен. Қиябеткей, құлама беткей.

**ҚИЯГЕЛДІ** зат. жерг. Көлденең кісі, келімсек.

**ҚИЯДАЙ: қиядан сыпырды.** Түк қалдырмады.

**ҚИЯ-ЖАР** зат. Құлама жар.

**ҚИЯ-ЖОН** зат. Құлама жон.

**ҚИЯ-КЕРІС** зат. Дау-жанжал, ұрыс-керіс.

**ҚИЯҚ[1]** зат. өс. <лат. elymus> 1. Батпақты шабындықта, өзен-көл жағасында сортаң топы-

*рақты жерлерге өсетін, сабағы түзу үш қырлы, төсемелі ұзын тамырсабағы, жапырағы таспа пішінді көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Өсімдік жапырақтарының таспа пішінді ұзын, үш жағы сүйір түрі.* **3.** *Қияқпен араласа өскен, қияқ тектес биік өсетін шөптің жалпылама атауы.*

**ҚИЯҚ**[2] зат. **1.** *Құстың қанат қауырсыны.* **2.** ауыс. *Мұрттың сүйір ұшы, шалғысы.*

**Қияқ қас**. *Сүйірленіп біткен жіңішке қас.* **Қияқ мұрт**. *Жіңішке сүйір, әдемі мұрт.* **Қияқ мұртты.** *Ұшы қияқтай жіңішке, сүйір мұртты.*

**ҚИЯҚ**[3] зат. **1.** этн. *Қобыздың жақ тәріздендіріп иіп жасаған ысқышы.* **2.** көне. этн. *Ыспалы сөз аспабы.* **3.** тех. *Шөп шабатын мәшиненің жүзінің астына салатын пластинка.*

**ҚИЯ-ҚИЯ: қия-қияға көз жіберді.** *Жан-жаққа, алысқа, қиянға қарады.* **Қия-қия жоғары.** *Әлдеқайда, біршама жоғары деңгейде.*

**ҚИЯҚ-ҚИЯҚ** елік. *Қыран құстың шақыруы, шаңқылы.*

**ҚИЯҚӨЛЕҢ** зат. өс. <лат. carex> *Ылғалды, сортаң шалғындықта биік, тамыр сабағы төселе жайылып өсетін, бір үйлі, құм көшуін тоқтататын, дәрілік қасиеті де бар көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚИЯҚСЫЗ**[2] сын. *Қиягы жоқ, қияқ өспеген.*

**ҚИЯҚТА=** ет. **1.** *Құлақтап жапырақ шығара бастау.* **2.** *Қияқ тәрізді ету, қияқшалап қию, сүйірлеу.*

**ҚИЯҚТАЙ** сын. **1.** *Қияқ сияқты, қияқ тәрізді.* **2.** ауыс. *Жіңішке, ұшкір.*

**ҚИЯҚТАЛ=** ет. *Құлақтанып жапырақ шығару.*

**ҚИЯҚ-ТАЛ** зат. *Қияқ пен тал.*

**ҚИЯҚТАЛУ** *Қияқтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯҚТАН=** ет. *Қияқ тәрізденіп сүйірлену.*

**ҚИЯҚТАНУ** *Қияқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯҚТАТ=** ет. сөйл. *Құлақтандыру.*

**ҚИЯҚТАТУ** *Қияқтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯҚТАУ** *Қияқта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯҚТЫ**[1] зат. *Найза.*

**ҚИЯҚТЫ**[2] сын. *Ұшы сүйір, жіңішке.* //*Қанатты құс.*

**Қияқты найза.** этн. *Ұшкір, екі жүзді, өткір найза.*

**ҚИЯҚТЫ**[3] сын. *Қиягы бар, қияқ біткен.*

**ҚИЯ-ҚҰЗ** зат. *Шың-құз, қия жартас.*

**ҚИЯҚША**[1] зат. өс. <лат. acorellus>*Жата-ған, жуантық келген тамырсабағынан ертеде эфир шығарып алған, семсер тірізді жапырақшалары бар, гүлдері собыққа жиналған өсімдік.*

**ҚИЯҚША**[2] сын. *Қиылған, жіңішке, сүйір.*

**ҚИЯҚШЫ** зат. *Қызға қырындаушы, көз салушы.*

**ҚИЯ-ҚЫР** зат. *Дала, қыр.*

**ҚИЯ-ҚЫРҚА** зат. *Өр, шың, белес.*

**ҚИЯЛ** [ар. خيال] зат. **1.** психол. *Өмірде әлі болмаған құбылыстың сезімдік бейнесін, сыртқы дүние құбылыстарының субъективті бейнелерін жаңғыртып, өңдеп бейнелеуден көрінетін, адамға ғана тән психикалық үрдіс.* **2.** өнер. *Өзіндік жаңа образдар, жаңа туындылар жасаудағы тереңнен топшылайтын ой көзі, шығармашылық көрегендік; фантазия.* **3.** ауыс. *Ой, пікір, ұғым, түсінік.* **4.** ауыс. *Арман, тілек, мақсат.* **5.** ауыс. *Қиялданудан туған ой жемісі, елес; жалған, өтірік.* // *Тентек, алаңғасар, оспадар.*

**Қиялға батты [шомды, кірді].** *Қиялдады, армандады.* **Қиялға сүңгіді.** *Терең ойға кетті.* **Қиялға түсті.** *Ойға ерік берді.* **Қиялға шомдырды.** *Қиялдатты, қиялға жетеледі.* **Қиял ермегі.** стиль.*Шығармашылық фантазия.* **Қиял жетпес арман**. *Биік мақсат, асқақ арман.* **Қиял жібін ирді.** бейн. *Армандады, қиялдап кетті.* **Қиял құсы.** поэт. *Арман, ой, мақсат.* **Қиял қылды.** *Қиялдады, армандады.* **Қиялмен қол ұстасты.** бейн. *Әбден қиялдады, қиялға берілді.* **Қиял мінез.** *Өзімен-өзі отыратын, өзгемен араласпайтын, тұйық, қияли мінез.* **Қиял түсті.** *Әр нәрсені ойлады, қиялдады.* **Қиял [көңіл] шарықтады.** *Арман етті, қиялдады.* **Қиялы адасты**. *Ойы сан-саққа бөлінді, әуреленді.* **Қиялы алыстады**. *Ойы басқа жаққа кетті, ойы бөлінді.* **Қиялы қиянда.** *Ойы басқа жақта.* **Қиялы қозғалды.** стиль. *Қиялға батты, әр нәрсені ойлады, ой, қиял жетегінде кетті.* **Қиялына сыймады.** *Алыста, қол жетпейтіндей, үлкен арман болып көрінді.* **Қиялын тербеді**. *Қиялдады, армандады, ойға кетті.*

**ҚИЯЛА=** ет. **1.** *Қиямен жүру, қапталдау.* **2.** ауыс. *Ойын төтесінен айтпай, астарлап еппен жеткізу, меңзеу.*

**Қиялай соқты.** *Бір қырынан сүріп өтті, ұшқары тиді.* **Қиялай тартты.** *Бір қырынан, төтесінен кезенді.*

**ҚИЯЛАҒЫШ** сын. *Қиялап, қапталдап жүруді жақсы көретін.*

**ҚИЯЛ-АРМАН** зат. *Мүдде, аңсаған мұрат.*

**ҚИЯЛАТ=** ет. **1.** *Қапталдату, қиялап жүру.* **2.** *Бір жағына қисайту, көлбету.* **3.** *Тұспалдату, меңзеу.*

**ҚИЯЛАТУ** *Қиялат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛАУ**[1] сын. *Аздап қия, қиярақ.*

**ҚИЯЛАУ**[2] *Қияла етістігінің қимыл атауы; қапталдау.*

**ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП**: **қиял-ғажайып ертегілер.** фольк. *Қазақ ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі, ертегінің ғажайып оқиғаларға толы түрі.*

**ҚИЯЛДА=** ет. **1.** *Қиялға берілу, ой жіберу, санамен шолу.* **2.** *Бір нәрсені армандау, көксеу.*

**ҚИЯЛДАҒЫШ** сын. *Арманшыл, көп қиялдайтын (адам).*

**ҚИЯЛДАЙ** сын. *Қиял тәрізді, қиял сияқты.*

**ҚИЯЛДАН=** ет. *Армандау, қиялға кету.*

**ҚИЯЛДАНДЫР=** ет. *Қиялға батыру, ойға шолдырту.*

**ҚИЯЛДАНДЫРУ** *Қиялдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛДАНУ** *Қиялдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛДАС** сын. *Қиялы бір, армандас, пікірлес адам.*

**ҚИЯЛДАТ=** ет. *Армандату, қиялға түсіру.*

**ҚИЯЛДАТУ** *Қиялдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛДАУ** *Қиялда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛДАУШЫ** зат. *Армандаушы, қиялдайтын адам.*

**ҚИЯЛДЫ** сын. *Қиялға бай, ойлы.*

**ҚИЯЛДЫҚ** сын. *Қиялға тән, қияли.*

**ҚИЯЛИ** сын. **1.** *Қиялға тән, фантасти-калық.* **2.** ауыс. *Ақылынан алжасқан, есі дұрыс емес.*

**Қияли ауру.** мед. *Қиялға бой ұруға итермелейтін жүйке ауруы, ақыл-есінен жаңыла бастау.* **Қияли болды**. *Есі ауысты, миы шатасты.* **Қияли дүние.** *Жалған, опасыз өмір.*

**ҚИЯЛИЛАН=** ет. *Қиялға әбден берілу, есінен шатасу.*

**ҚИЯЛИЛАНУ** *Қиялилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯЛИЛАУ** сын. *Қиялға беріліңкіреген, түпсіз ойға батып жүретін.*

**ҚИЯЛИЛЫҚ** зат. *Қиялиға тән қасиет, қиялшылдық.*

**ҚИЯЛ-ОЙ** зат. *Түрлі ой, арман-қиял.*

**ҚИЯЛСЫЗ** сын. *Ой, армансыз, уайымсыз.*

**ҚИЯЛШАҢ** сын. сөйл. ***Қиялшыл.***

**ҚИЯЛШЫЛ** сын. *Қиялдағыш, қиялға берілгіш.*

**ҚИЯЛШЫЛДЫҚ** зат. *Қиялға берілгіштік, қиялданғыштық.*

**ҚИЯЛШЫРАҚ** сын. *Қиялға көбірек берілетін, арманшылдау.*

**ҚИЯЛЫ** сын. *Қиясы бар, қия-қия.*

**ҚИЯМ** ар. зат. **1.** *Тік тұрегеп тұрған қалып.* **2.** діни. *Намаздағы негізгі парыздардың бірі, әр рәкатта «Құраннан» бір сүре оқылатындай уақыт тұру.* **3.** ауыс. *Орындау, іске асыру.*

**ҚИЯМЕТ** [ар. قيامة] зат. **1.** діни. *Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым.* **2.** ауыс. *Ауыр азап, бейнет, қиыншылық.* // *Шектен тыс, керемет.*

**Қиямет күні.** а) діни. *Ақырет күні, ақырзаман.* ә) *Қиындық, пәле, азап.* **Қияметтің кияметі.** *Азап, қиыншылықтың шегі, ауыртпалық, сүргін, азап.* **Қияметтің қыл көпірі.** *Қиыншылық, азап, жолдағы кедергілер.*

**ҚИЯМЕТ-ҚАЙЫМ** зат. діни. **1.** *Дүниенің, өмір-тіршіліктің күл-талқан болып күйреуі; ақырзаман.* **2.** ауыс. *Басқа түскен қиыншылық, ауыртпашылық.*

**ҚИЯМЕТТЕЙ** сын. **1.** *Қиямет сияқты, қиямет тәрізді.* **2.** ауыс. *Өте қиын, ауыр.* // *Ерекше, тым, өте.*

**ҚИЯМЕТТІК** сын. *Мәңгілік, бақилық; қияметке дейінгі.*

**ҚИЯМЕТШІЛ** сын. *Қияметке сенетін, қиямет күні болады деп білетін.*

**ҚИЯМПОС** сын. сөйл. ***Қиямпұрыс.***

**ҚИЯМПОСТЫҚ** зат. сөйл. ***Қиямпұрыстық.***

**ҚИЯМПҰРЫС** сын. *Қырсық, қыңыр, кесірлі, сыңарезу.*

**ҚИЯМПҰРЫСТАН=** ет. *Қырсығу, кесірлену, қыңырлану.*

**ҚИЯМПҰРЫСТАНУ** *Қиямпұрыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯМПҰРЫСТЫҚ** зат. *Қиямпұрыс адамға тән қылық, қырсықтық, кесірлік, қыңырлық.*

**ҚИЯМПҰРЫШТЫҚ** зат. жерг. сөйл. ***Қиямпұрыстық.***

**ҚИЯМПЫРЫС** зат. сөйл. жерг. ***Қиямпұрыс.***

**ҚИЯН** зат. *Алыс, шалғай жер; жер түбі.* // *Алыс, шалғай, қиыр, жырақ.*

**Қиянның қиынында.** *Алыста, қол жетпес жерде.*

**ҚИЯНАТ** [ар. خيانة] зат. *Адамға жасалған зорлық-зомбылық, озбырлық, әділетсіздік, өктемдік.*

**Қиянат жасады**. *Зорлық-зомбылық көрсетті, обалына қалды.* **Қиянат келтірді.** *Зиянын тигізді, зақым етті.* **Қиянат көздеді.** *Озбырлық, әділетсіздік ойлады.* **Қиянат көрді**. *Зәбір-жапа шекті, әділетсіз-дік кешті.* **Қиянатқа бармады.** *Ешкімді зәбірлемейді, зорлық, опасыздық жасамайды.* **Қиянат қылды.** *Озбырлық, әділетсіздік жасады, зорлық-зомбылық көрсетті.* **Қиянаттан тыйылды**. *Зорлық-зомбылық жасамайтын болды, озбырлығын тоқтатты.*

**ҚИЯНАТ-ЗҰЛЫМДЫҚ** зат. *Зорлық-зомбылық, озбырлық.*

**ҚИЯНАТКЕР** зат. *Қиянат жасаушы, қиянатшыл адам.*

**ҚИЯНАТКЕРЛІК** зат. *Зорлық-зомбылық, қиянатшылдық.*

**ҚИЯНАТҚОР** сын. *Қиянатшыл, зорлық-шыл; озбыр.*

**ҚИЯНАТ-ҚОРЛЫҚ** зат. *Зорлықшылдық, озбырлық, қиянатшылдық.*

**ҚИЯНАТ-ҚЫЛЫҚ** зат. *Зардап, залал келтіруші әрекет, мінез.*

**ҚИЯНАТСЫЗ** сын. *Зорлық-зомбылықсыз, зиянсыз; ақ, адал.*

**ҚИЯНАТТА=** ет. *Нақақтан кінәлау, айыптау, тіл тигізу.*

**ҚИЯНАТТАЙ** сын. *Қиянат сияқты, қиянат тәрізді.*

**ҚИЯНАТТАУ** *Қиянатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯНАТТЫ** сын. *Қиянатқа толы; әділетсіз, бейкүнә.*

**ҚИЯНАТТЫҚ** зат. *Зорлық-зомбылық, қиянатшылдық.*

**ҚИЯНАТШЫ** зат. *Қиянат иесі, қиянаткер, қиянат жасаушы.*

**ҚИЯНАТШЫ-ҒАЙБАТШЫ** зат. *Біреуге кесірін, бәлесін тигізуші.*

**ҚИЯНАТШЫЛ** сын. *Қиянат жасауға бейім, қиянатқор; зорлықшыл, опасыз.*

**Қиянатшыл жан.** *Зорлық иесі, өктем күшке сенген, әділетсіздікке еті үйренген адам.* **Қиянатшыл [қара] күш.** *Зорлық, зомбылық.*

**ҚИЯНАТШЫЛДЫҚ** зат. *Қиянатшылға тән қылық; зорлықшылдық.*

**ҚИЯНАТШЫЛЫҚ** зат. *Әділетсіздік, опасыздық.*

**ҚИЯНДА=** ет. *Алыстау, қашық тарту, шығандау.* **2.** *Шарықтау, самғау.*

**ҚИЯНДАТ=** ет. **1.** *Алыстау, шығандату.* **2.** *Шарықтату, самғату.*

**ҚИЯНДАТУ** *Қияндат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯНДАУ** *Қиянда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯНКЕС** сын. *Қиянқы, қияпар, бұзық, кесір.* // *Қиянқы, кесір адам.*

**ҚИЯН-КЕСКІ** сын. **1.** *Кескілескен, қырқысқан, жанталасқан.* **2.** ауыс. *Талас-тартысқа толы, қым-қиғаш, шым-шытырық.*

**ҚИЯН-КЕСТІ** сын. сөйл. ***Қиян-кескі.***

**ҚИЯНКЕСТІК** зат. *Қиянқылық, қиқарлық, қырсықтық.*

**ҚИЯН-ҚИЛЫ** сын. *Сан алуан, көп түрлі.*

**ҚИЯН-ҚИЫР** сын. *Алуан қиыр, әртүрлі өлке.*

**ҚИЯН-ҚИЯ** зат. *Шалғай, ауыр, қиын жер.*

**ҚИЯНПҰРЫС** сын. сөйл. ***Қиямпұрыс.***

**ҚИЯНПҰРЫСТЫҚ** зат. сөйл. ***Қиям-пұрыстық.***

**ҚИЯН-ТАЙҒАҚ** зат. *Басқа түскен қиыншылық, ауыртпалық, күрделі кезең.*

**ҚИЯН-ТҰРАҚ** зат. *Мекен, тұрақтаған өлке.*

**ҚИЯН-ШАЛҒАЙ** зат. *Алыс, шалғай жер, жер түбі.*

**ҚИЯҢ** зат. сөйл. ***Қиян.***

**ҚИЯҢҚЫ** сын. **1.** *Мінезі қыңыр, бұзақы, сотқар (адам).* **2.** *Сыңарезу, ұрыншақ (мал).*

**Қияңқы мінез.** *Кесірлі, қасарыспа қылық, қыңырлық.* **Қияңқыны салды.** *Әлек салды, шатақ шығарды.* **Қияңқы сөз.** *Қисық, шақпа, шанышпа сөз (тіл).*

**ҚИЯҢҚЫЛАН=** ет. *Қырсығу, қитығу, жөнге келмеу.*

**ҚИЯҢҚЫЛАНУ** *Қияңқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯҢҚЫЛАУ** сын. *Қырсықтау, қиқырлау (адамға қатысты).*

**ҚИЯҢҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қисықтық, қыңырлық, мінезсіздік.* **2.** *Басасаулық, сыңарезулік (мал).*

**Қияңқылыққа басты.** *Қияңқы мінез көрсетті, қырсықты.* **Қияңқылық салды.** *Қырсықты, қыңырланды.*

**ҚИЯПА** зат. жерг. *Желпініс.*

**ҚИЯПАЗ** сын. жерг. *Марғау.*

**ҚИЯПАЗДАН=** ет. жерг. *Марғаулану, керіліп-созылу.*

**ҚИЯПАЗДАНУ** *Қияпаздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯПАР** сын. *Кеж, бірбеткей, қыңыр, қырсық.*

**ҚИЯПАРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қиястық.***

**ҚИЯПАС** сын. сөйл. *Қыңыр, сыргінді, бұралаң.*

**ҚИЯПАСТЫҚ** зат. сөйл. ***Қиястық.***

**ҚИЯПАТ**[1] [ар. قيافة ] зат. **1.** *Кейіп, кескін, сырт пішін.* **2.** ауыс. *Көркемөнердегі, әдебиеттегі бейне, образ.*

**Қияпат білдірді [көрсетті].** *Сыңай танытты, түр көрсетті.* **Қияпаты бөлек.** *Кескін-кейпі айрықша.* **Қияпатына түсті [кірді, көшті, енді].** *Басқа біреудің, не бірдеңенің кейпіне ауысты, өңін өзгертті, құбылды.* **Қияпатын сақтады.** *Өңін бермеді, ажары таймады, сынын кетірмеді.*

**ҚИЯПАТ**[2] зат. **1.** *Қиянат, зәбір-жапа; қысастық, опасыздық.* **2.** *Қиындық, ауыртпалық.* // *Алапат, сұрапыл, ғаламат*

**ҚИЯПАТ-ҚИЫНШЫЛЫҚ** зат. *Ауыртпалық, қиын жағдай, ауыр хал.*

**ҚИЯПАТСЫЗ** сын. **1.** *Ажарсыз, ұсқынсыз, кескінсіз.* **2.** ауыс. *Қисынсыз, жүйесіз, орынсыз; шым-шытырық.* **3.** ауыс. *Жауапсыз, ескерусіз.* **4.** ауыс. *Үрейлі, қорқынышты.* **5.** ауыс. *Қиянатсыз, зәбірсіз.*

**ҚИЯПАТСЫЗДАН=** ет. *Ұсқыны кету, түр-түрпаты қашу.*

**ҚИЯПАТСЫЗДАНУ** *Қияпатсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯПАТТА=** ет. *Кінәлау, жазғыру.*

**ҚИЯПАТТАН=** ет. *Кескіндену, түрге ену, мүсінденуі.*

**ҚИЯПАТТАНУ** *Қияпаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯПАТТЫ** сын. **1.** *Кескінді, келісті, келбетті, сұлу.* **2.** ауыс. *Қармаулы, мінезі қиын, бірбеткей.* **3.** ауыс. *Үрейлі, қорқынышты.*

**ҚИЯПАТТЫҚ** зат. *Арамдық, қысастық, опасыздық.*

**ҚИЯР** зат. өс. <лат. cucumis> **1.** *Асқабақ тұқымдас, жатаған сабақты, біржылдық бақша дақылы.* **2.** *Осы дақылдың жасыл түсті, сопақша жемісі.*

**ҚИЯР**[2] зат. жерг. *Жалдама жұмыс.*

**ҚИЯРДАЙ** сын. *Қияр тәрізді, қияр сияқты.*

**ҚИЯРСЫН=** ет. *Қиярды керек ету, қияр жегісі келу.*

**ҚИЯРШЫ** зат. әск. *Майдандағы зеңбірекшілер мен нысанашылар.*

**ҚИЯС**[1] зат. діни. *«Құран», сүннет және ижмағтан кейін басты орын алатын, ислам фиқһында кең таралған ұқсастық негізінде үкім шығару әдісі.*

**ҚИЯС**[2] [ар. قياس ] зат. діни. *Шариғатты бастау көздерінің бірі, дау-дамайды шешу тәсілі.*

**ҚИЯС**[3] сын. **1.** *Қиғаш, түзу емес.* **2.** *Қисық, бұрыс; шет, тысқары, қиыс.* **3.** ауыс. *Қыңыр, қырсық, қиқар.* // *Қырсық, қыңыр адам.* **4.** ауыс. *Оғаш, біртүрлі.*

**Қияс басты.** *Теріс, бұрыс кетті.* **Қияс кетті.** *Қырсықты, қыңырайды.* **Қиясқа мінді.** *Қырсықты, қасарысты, қыңырайды.*

**ҚИЯС-ҚИЯ** зат. *Алыс, аулақ, шалғай жер.*

**ҚИЯС-ҚИЯС** сын. *Қиыр, алыс, шалғай.*

**ҚИЯСТА=** ет. **1.** *Қиғаштау, қиялау.* **2.** *Қашу, қашқалақтау; орағыту, жырақтау.* **3.** жерг. *Жақындау, төңіректеу, айналшықтау.* **4.** ауыс. *Қыңырлану, қияпарлану, қырсығу.*

**Қиястай тартты.** *Төтелеп жолға шықты.*

**ҚИЯСТАН=** ет. **1.** *Қырсығу, қыңырлану (адамға қатысты).* **2.** *Қасарысу, кеждену (малға қатысты).*

**ҚИЯСТАНДЫР=** ет. *Қисайту, қиғаштау.*

**ҚИЯСТАНДЫРУ** *Қиястандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯСТАНУ** *Қиястан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯСТАУ**[1] сын. **1.** *Қиғаштау, қисығырақ.* **2.** *Шалғайлау, бұрыстау; қиыстау.* **3.** ауыс. *Қыңырлау, қырсықтау, шәлкем-шалыстау.*

**ҚИЯСТАУ**[2] *Қияста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚИЯ-ТАУЛЫ** сын. *Қия-құзы мол, қиялы.*

**ҚИЯСТЫҚ** зат. *Қыңырлық, қырсықтық, қиқарлық.*

**ҚИЯУ** зат. *Қыстау, тұрақ, мекен.*

**ҚИЯФАТ** зат. ескі кіт. ***Қияпат.***

**ҚИЯШ** зат. өс. <лат. andrachne> *Шырын, сөлі жоқ, ұсақ, доғалша келген бөбешік жапырақшалары бар, дәні құрғақ, жартылай бұталы көпжылдық өсімдік.*

**ҚИЯШЫЛ** сын. *Қияны жақсы көретін, биікке ұмтылатын.*

**ҚИЯ-ШЫҢ** зат. *Таудың биік қиясы мен шыңдары.*

**ҚОБА** сын. *Тар, жіңішке, өзекті.*

**ҚОБАҒАН** сын. жерг. *Дөңес, қоңқиған.*

**ҚОБАҚ** кірме. ор. зат. ***Кабак*** *(ішімдік сатылатын орын).*

**ҚОБАҚАН** сын. *Сүйірше, жіңішке.*

**ҚОБАЛ** зат. діни. *Қайтыс болған адамға арнап тігілетін киім.*

**ҚОБАЛА=** ет. *Жіңішке қатармен жағалай қаптау, қаулау.*

**ҚОБАЛАҚ** сын. *Қолапайсыз, икемсіз, қолбаңдаған.*

**ҚОБАЛАУ** *Қобала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБАЛЖУ** *Қобалжы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБАЛЖУЛЫ** сын. *Қобалжыған, абыржыңқы.*

**ҚОБАЛЖУСЫЗ** сын. *Алаңсыз, іркіліссіз; сенімді түрде.*

**ҚОБАЛЖУШЫ** зат. *Сенімсіз, толқып жүрген адам.*

**ҚОБАЛЖУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қобалжығандық, толқушылық.* **2.** психол. *Белгілі ерекше оқиға, іс-әрекет алдындағы адам көңіл күйінің бір сәті, өзіне-өзі сенімсіздігі жағдайында пайда болатын көңіл күйі.*

**ҚОБАЛЖЫ=** ет. **1.** *Көңілі бұзылу, қатты толқу, іші әлем-жәлем болу.* **2.** *Алаң болу, дегбірі, тынышы қашу, көңілі жай таппау.* **3.** *Қорқу, зәресі қалмау, үрейлену.* **4.** *Толқу, құбылу; айну.*

**ҚОБАЛЖЫҒАНДЫҚ** зат. *Қобалжушылық, толқығандық.*

**ҚОБАЛЖЫҢҚЫ** сын. *Қобалжыған, алаңдаулы, мазасыз.*

**ҚОБАЛЖЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл-пәл қобалжу, алаңдаңқырау.*

**ҚОБАЛЖЫҢҚЫРАУ** *Қобалжыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБАЛЖЫС** зат. *Қобалжығандық, толқығандық.*

**ҚОБАЛЖЫС=** ет. *Қобалжуға түсу, алаңдасу.*

**ҚОБАЛЖЫСУ** *Қобалжыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБАЛЖЫТ=** ет. *Көңілін бұзу, тынышын қашыру, алаң қылу.*

**ҚОБАЛЖЫТУ** *Қобалжыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБАҢ: қобаң бидай.** егіншар. *Жаздық ақ бидайдың о баста Кубаннан тараған дәні ірі сұрпы; кубанка.*

**ҚОБАР** зат. этн. жерг. *Ойынның атауы.*

**ҚОБДИ** зат. **1.** этн. *Ұсақ-түйек салатын кішкене жәшік, сандықша.* **2.** *Әр алуан құрал-сайман, дәрі-дәрмек салып алып жүруге арналған сандықша.*

**Қобди арба.** этн. *Қорапты арба.*

**ҚОБДИДАЙ** сын. *Қобди сияқты, қобди тәрізді.*

**ҚОБДИДАЙЫН** сын. фольк. ***Қобдидай.***

**ҚОБДИЛАН=** ет. *Қобди пішініне келу, қырлану.*

**ҚОБДИЛАНУ** *Қобдилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБДИША**[1] зат. *Кішкене қобди, шағын қорап.*

**ҚОБДИША**[2] үст. *Қобди тәрізді, қобдиға ұқсас.*

**ҚОБДИШАДАЙ** сын. *Қобдиша сияқты, қобдиша тәрізді.*

**ҚОБДИШАЛА=** ет. *Қобдиша тәрізді ету.*

**ҚОБДИШАЛАУ** *Қобдишала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБДЫРА=** ет. сөйл. ***Қобыра.***

**ҚОБДЫРАТ=** ет. сөйл. ***Қобырат.***

**ҚОБДЫРАТУ** *Қобдырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБДЫРАУ** *Қобдыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБИ=** ет. сөйл. ***Қорбию.***

**ҚОБСЫТ=** ет. сөйл. ***Қопсыт.***

**ҚОБСЫТУ** *Қобсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБУ** *Қобы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫ**[1] зат. *Іші кең, табаны жайпақ астау тәрізді ойпаң жер; аңғар.*

**Қобы жол.** *Құмның ортасынан төтелеп шығатын жол.*

**ҚОБЫ**[2] зат. этн. *Ағаштың, темірдің т.б. бетін оюлап, қазып өрнек салуға арналған аспап.* **2.** қолөнер. *Шаңырақ күлдіреуішіне ою-өрнек салу үшін қолданылатын аспап.*

**ҚОБЫ**[3] зат. **1.** *Ағаш ыдыстың айналасына жүргізілген белдеу, өзек.* **2.** жерг. *Есік, терезенің шеңберінде есік, терезе қиылсып тұратын тепкішек, өзек.*

**ҚОБЫ=** ет. *Дандайсу, бөсу.*

**ҚОБЫЗ** зат. муз. *Түркі халықтарының ысқышпен ысып тартатын екі, үш, төрт ішекті көне саз аспабы.*

**Қобыз кеуде**. *Кеудесі қобыздың шанағындай иір.* **Қобыз қиқулатты.** *Қобыз ойнады, ән-күйге басты.* **Қобыз ойнады [тартты]**. *Қобызбен күй күйледі.* **Қобыз шалды.** *Қобыз тартты, ойнады.* **Қобыз шертті.** *Қобызда ойнады, қобыз тартты.*

**ҚОБЫЗДА=** ет. *Қобыз пішініне ұқсас ету.*

**ҚОБЫЗДАЙ** сын. **1.** *Қобыз сияқты, қобыз тәрізді.* **2.** ауыс. *Қобыздың пішініндей, жіпжіңішке, қылдай.* **3.** ауыс. *Мұңды, зарлы.*

**Қобыздай күңіренді.** *Мұңды әуенге басты.*

**ҚОБЫЗДАП** үст. *Итарқалап, шатырлап.*

**Қобыздап жасады.** *Ағаш ыдысты өрнектеп жасады.*

**ҚОБЫЗША** үст. *Қобыз тәрізді, қобызға ұқсап.*

**ҚОБЫЗШЫ** зат. этн. муз. *Қобыз аспабын тартушы, қобызда ойнаушы адам.*

**ҚОБЫЗШЫЛЫҚ** зат. этн. муз. *Қобыз тартушылық, қобызда ойнаушылық.*

**ҚОБЫ-ҚОБЫ** зат. *Іші кең, табаны жайпақ тәрізді ойпаң жерлер, аңғарлар.*

**ҚОБЫ-ҚОЛАТ** зат. сөйл. *Сай-сала, жыра-жықпыл.*

**ҚОБЫЛА=** ет. *Қобы салу, оя қуыстау, оя шабу.*

**ҚОБЫЛАН=** ет. *Доғалдану, жұмырлану.*

**ҚОБЫЛАНУ** *Қобылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫЛАУ**[1] сын. *Аздап қобы, қобысы барлау.*

**ҚОБЫЛАУ**[2] *Қобыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫЛЫ** сын. *Қобысы бар, қобы салған.*

**ҚОБЫР** зат. жерг. *Қобыраған нәрсе.*

**ҚОБЫР** моңғ. сын. *Тапшы, сирек.*

**ҚОБЫРА=** ет. **1.** *Үрпию, ербиіп-сербию; көпсу, көтерілу.* **2.** *Қалай болса солай, ретсіз жату; көпірсу.* **3.** *Қоқырсу, қоқсу, шашылу; былығу.* **4.** ауыс. *Өре көтерілу, дүрлігу, даурығу.*

**ҚОБЫРАЙ=** ет. *Қомақты көріну, қорбию.*

**ҚОБЫРАҢҚЫРА=** ет. *Сәл-кем қобырау, қобырай түсу.*

**ҚОБЫРАҢҚЫРАУ** *Қобыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАС=** ет. *Дүрлігісу, даурығысу.*

**ҚОБЫРАСУ** *Қобырас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАТ=** ет. **1.** *Көпірсіту, қоқсыту.* **2.** *Үрпиту, былықтыру.* **3.** ауыс. *Дүрліктіру, даурықтыру.*

**ҚОБЫРАТУ** *Қобырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАТЫҢҚЫРА=** ет. *Үрпитіңкіреу, қоқырсытыңқырау.*

**ҚОБЫРАТЫҢҚЫРАУ** *Қобыратыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАТЫС=** ет. *Ербитісу, үрпитісу.*

**ҚОБЫРАТЫСУ** *Қобыратыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАУ** *Қобыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРАЮ** *Қобыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫР-ҚОБЫР** елік. *Күбірлеп, дүрліккен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚОБЫРЛА=** ет. *Дабырласу, дүрлігу.*

**ҚОБЫРЛАУ** *Қобырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРСУ** *Қобырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОБЫРСЫ=** ет. *Қоқырсу, қоқсу, бейберекет шашылу.*

**ҚОБЫРЫНДЫ** зат. *Қоқсық, қоқырсық.*

**ҚОБЫС** жерг. *Екі жағы биіктеу келген, ортасы қуыс өзекті жер.*

**ҚОҒА** зат. бот. <лат. typha> **1.** *Су жиегінде өсетін томаршаланып біткен тамыры бар, жапырақ сабақты бойшаң өсімдік.* **2.** *Дара жапырақты, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Қоға сүйектенді**. *Босады, боркеміктенді, жасыды.* **Қоға тартты**. *Судағы қоғаны түп-тамырымен суырып алып, түбіндегі ақ сүйрік тамырын алды.* **Қоға тұқымдасы.** бот. <лат. tuphaceae> *Дара жарнақты көпжылдық өсімдіктер.*

**ҚОҒАДАЙ** сын. *Қоға сияқты, қоға тәрізді.*

**Қоғадай жапырылды.** а) *Бірін-бірі баса- көктеп кейін ықты; жапырыла құлады.* ә) *Бәрі бірдей ізет етті, ілтипат білдірді, құрақ ұшты, құрмет көрсетті.* **Қоғадай иілді**. *Жатып жастық, иіліп төсек болды, асты-үстіне түсті.*

**ҚОҒА-ҚОҒА** зат. *Қалың қоға, жиі өскен қоға.*

**ҚОҒАЖАЙ**[1] зат. өс. *Су жиегінде, қопалы жерлерде өсетін, қамыс пен қоғадан аласа, өлеңшөптен, балауса құрақтан гөрі ірілеу, бойшаңырақ, сүйекті өсімдік.*

**Қоғажай қалпақ.** *Күннен сақтану үшін қоғажайдың сабағынан тоқып киетін баскиім, ши (шетен) қалпақ.* **Қоғажай төсек.** *Қоғажайдың үлпегінен, жапырағынан жасалған төсеніш.*

**ҚОҒАЖАЙ**[2] зат. өс. <лат. viola> *Орман ішінде, тоғайлықта өсетін, гүл жаратын шипалы өсімдік.*

**ҚОҒАЖАЙДАЙ** сын. *Қоғажай сияқты, қоғажай тәрізді.*

**ҚОҒА-ЖЫНЫС** зат. *Қоға қалың өскен жер, тоғай.*

**ҚОҒА-ҚАМЫС** зат. *Қоға, қамыс сияқты өсімдіктер.*

**ҚОҒА-ҚҰРАҚ** зат. *Қоға, құрақ тәрізді өсімдіктер.*

**ҚОҒАЛЫ** сын. *Қоғасы бар, қоға қалың өскен.*

**Қоғалы көлдің құрағы.** поэт. *Жайдары, ашық, биязы мінезді.*

**ҚОҒАМ** зат. қоғ. саяси. **1.** *Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынасының жалпы жиыны, тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың тұрақты жүйесі.* **2.** қоғ.-саяси. *Өндірістік қатынастар негізінде қауымдасқан адамдардың бірлігі, жиынтығы.* **3.** *Ынтымақтас, ниеттес адамдардың ортақтасқан қауымы.* **4.** *Әлеуметтік топ, орта, бір ағымдағы жұртшылық.* **5.** *Шығармашылық одақ, ерікті бірлестік, ұйым.*

**Қоғамға жат.** *Қоғамдағы құндылықтарға тән емес.* **Қоғамға пайдалы еңбек**. *Қоғамдық қажет-тіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру бағытындағы қоғамдық еңбек әрекеті.* **Қоғам дамуының қозғаушы күштері.** тар. *Қоғамның өмір сүруі мен әрекет етуін қамтамасыз ететін мәнді, қажетті, ұзақ уақыт ықпал ететін себептері.* **Қоғамды ақпараттандыру**. инф. *Қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын ақпараттық процесс қазіргі есептеу техникасымен ақпараттық жүйелерді қолдану кезіндегі әлеуметтік мәнді іс- әрекеттерді жүйелік түрде қайта ұйымдастыру мен жетілдіру және тиімділігін арттыру.* **Қоғамды демократияландыру.** *Қоғамды саяси, экономикалық, мемлекеттік басқару, жеке меншікті дамыту, еркін нарықты дамыту құндылықтарын дамыту.* **Қоғамның материалдық-техникалық базасы.** *Белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияның пайда болуы мен дамуы үшін қажетті өндірістің материалдық, заттық жағдайларының жиынтығы.* **Қоғамның таза табысы.** экон. *Ұлттық табыстың бір бөлігін құрайтын қосымша өнім құны.* **Қоғамның экономикалық жіктелуі.** экон. *Халықтың кейбір топтары арасында табыстар мен тұрмыс дәрежесіндегі айырмашылықтардың күшеюі.*

**ҚОҒАМДА=** ет. **1.** *Қаумалау, қоршау.* **2.** *Топтау, жиыстыру, басын біріктіру, айналасына жинау.* **3.** *Жинақтап жұмбаздау, көмпиту.* **4.** *Тарқатылған шашты, жіпті т.б. жұмырлап жинау, байлау.*

**ҚОҒАМДАЙ**: **қоғамдай қайырды.** *Орап, жинақтап қайырды.* **Қоғамдай қоршады.** *Жан-жақтан, айнала қоршады.*

**ҚОҒАМДАЛ=** ет. *Топталу, басы бірігу, жиналу.*

**ҚОҒАМДАЛУ=** *Қоғамдал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҒАМДАН=** ет. *Қабірді жабатын топырақтың жан-жағы жинақталып, үйіліп көтерілуі.*

**ҚОҒАМДАНУ** *Қоғамдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҒАМДАС=** ет. **1.** *Бірігу, ұйымдасу.* **2.** *Жануарлардың күнелту мақсатында топталып тіршілік етуі.* **3.** ауыс. *Бұлт үйірілу, бұлт торлау.*

**ҚОҒАМДАСТЫҚ** зат. *Ортақ мүдделі халықтардың, мемлекеттердің, ұйымдардың т.б. топтардың ұйымдасқан бірлестігі, қауымдастық.*

**ҚОҒАМДАСТЫР=** ет. **1.** *Топтастыру, жинақтау, басын біріктіру.* **2.** *Қоғамға біріктіру, қауымдастыру.*

**ҚОҒАМДАСТЫРУ** *Қоғамдастыр етістігінің қимыл атауы; қоғамдық меншікке айналдыру, қоғамға біріктіру.*

**ҚОҒАМДАСТЫРЫЛ=** ет. *Қоғамға біріктірілу, қоғамдық меншікке айналдырылу.*

**ҚОҒАМДАСТЫРЫЛУ** *Қоғамдастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҒАМДАСУ** *Қоғамдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҒАМДАУ** *Қоғамда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҒАМДЫ**[1] сын. *Қоғамы үлкен, ауқымды, көлемді.*

**ҚОҒАМДЫ**[2] сын. *Бауырмал, үйірімді; ұйымшыл.*

**ҚОҒАМДЫҚ** сын. *Қоғамға тән, қоғамда болып жататын іс-әрекет, құрылыстармен тығыз байланысты, қоғамға қатысты.*

**Қоғамдық айыптаушы.** заң. *Сот мәжілісінде қылмыскерді жұртшылық атынан кінәлаушы бұқаралық ұйым өкілі.* **Қоғамдық байлық [дәулет, игілік].** *Халық табысы, көпке ортақ қазына.* **Қоғамдық бақылаушы.** *Сауда орындарының, транспорттың т.б. халыққа қызмет етуші мекемелердің жұмысын тексеруші жұртшылық өкілдері.* **Қоғамдық болмыс.** филос. *Қоғамға тән тұрмыс-тіршілік, өмір, табиғат.* **Қоғамдық бірлестік.** *Қолданыстағы заңдарға қайшы келмейтін жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған саяси партиялар, кәсіптік одақтар; мемлекеттік емес, қоғамдық негізде құрылған ұйым.* **Қоғамдық ғылымдар.** терм. *Қоғам тарихын және оның даму заңдылықтарын зерттейтін ғылымдар (тарих, философия, филология т.б.).* **Қоғамдық еңбек**. *Адамдардың қоғамның экономикалық қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған қызметі; қоғам мүддесі үшін істелген еңбек.* **Қоғамдық еңбек бөлінісі.** *Қоғамдық еңбектің оқшауландырылған, бірақ өзара байланысты ерекше түрі, еңбек экономикасының және оның өнімділігін өсірудің маңызды факторы.* **Қоғамдық еңбекті ұйымдастыру.** *Өндірістің техникалық құрамдарын және материалдық-энергетикалық ресурстарын, жұмыс уақытын, қызметкерлердің кәсіби машықтығын және білімін негұрлым тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі.* **Қоғамдық жиынтық өнім.** *Белгілі бір уақыт аралығында материалдық өндіріс салаларында жасалған материалдық игіліктердің жиынтығы.* **Қоғамдық жұмыс [іс].** *Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастыруымен кәсіби даярлықты талап етпейтін, әлеуметтік*

*пайдалы бағыттағы, халықты жұмыспен қамтамасыз ету уәкілетті органының жалдауымен азаматтарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастыратын еңбектің түрі.* **Қоғамдық көлік.** *Жолаушылар мен жүк тасымалдайтын көліктің (автобус, трамвай, траллейбус, ұшақ т.б.) түрі.* **Қоғамдық қатынас [қарым-қатынас].** а) *Адамдардың бірлескен практикалық және рухани қызметі үрдісінде олардың арасында қалыптасатын қатынастар.* ә) *Қоғам мүшелерінің арасында болатын өзара әрекет.* **Қоғамдық қауіпсіздік.** *Ел азаматтарының өмірін, денсаулығы мен материалдық игіліктерін, қоғамдық құндылықтарды қауіп-қатерден, қоқан-лоқыдан, саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік тұрғыдан қорғау.* **Қоғамдық қауіптілік.** з а ң. *Қылмыстық құқықта – қылмыстың немесе өзге құқық бұзушылықтың объективті белгісі.* **Қоғамдық қозғалыс**. *Қандай да бір қоғамдық мақсатты көздеуші азаматтардың ортақ әрекеті.* **Қоғамдық қор.** *Әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени және басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйым.* **Қоғамдық құрылыс.** *Белгілі бір мемлекетке тән басқару жүйесі.* **Қоғамдық меншік**. э к о н. *Қоғам мүшелерінің барлығына ортақ материалдық игіліктер.* **Қоғамдық мүдде.** *Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, табиғи қажеттіктер негізінде пайда болатын қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қажеттіктердің жүйелі түрдегі көрінісі.* **Қоғамдық ой.** *Қоғамдағы моральдық, саяси-идеологиялық, экономикалық қарым-қатынастан туған қауымдық көзқарас.* **Қоғамдық орын.** *Балабақша, мектеп, мекеме, мәдени ошақтары сияқты көпшілік жиналатын орындар.* **Қоғамдық психология.** *Әрбір қоғамдық құрлыста өмір сүрген халықтардың барлығына ортақ психикалық іс-әрекеттер жиынтығы.* **Қоғамдық пікір.** *Адамдардың белгілі бір мәселелерге, әлеуметтік өмірдің әртүрлі құбылыстарына, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларға көзқарасын білдіретін қоғамдық сананың ерекше түрі.* **Қоғамдық сана.** ф и л о с. *Қоғамның рухани өмірінің адам ойында шындықтың бейнелеуінің барлық түрлерін қамтитын философиялық категория.* **Қоғамдық сұраныс.** *Халықтың, қоғамдық ұйымдардың материалдық және рухани қажеттіктері.* **Қоғамдық тамақтандыру өнімі.** э к о н. *Мейрамханалардың, дәмханалардың, өндірістік қуаты бар басқа да кәсіпорындардың (асүйлердің) өндірістік қызметтінің нәтижесі.* **Қоғамдық таптар**. т а р. *Ортақ мүдделері және құндылықтары бар әлеуметтік тұрақты (салыстырмалы) топтар (мысалы, шаруалар, жұмысшы табы, буржуазия, орта тап және т.б.).* **Қоғамдық таратушы.** с о в е т. *Еңбек ұжымдарында баспасөзге жазылу ісін қоғамдық негізде жүргізетін адам.* **Қоғамдық тәртіп.** *Адамның мінез-құлқы мен іс-қылығының қоғамда қалыптасқан құқық пен мораль нормаларына немесе қандай да болсын ұйымның талаптарына сай келетін нұсқасы.* **Қоғамдық тұтыну қоры.** *Директивалық жоспарлы экономика көрсеткіштерінің ақша және материалдық қорларды мемлекет, аймақ, кәсіпорын деңгейінде бөлу нысандарының бірі.*

**ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК** с ы н. *Қоғамның әлеуметтік саласына қатысты, соған тән.*

**ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ** с ы н. *Әлеуметтік-саяси өмірге қатысты бар.*

**ҚОҒАМДЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ** с ы н. *Қоғамның экономикалық саласына қатысты, соған тән.*

**Қоғамдық-экономикалық жүйе.** *Меншік және оны басқару нысандарына сәйкес шаруашылық жүргізу түрпаты.* **Қоғамдық-экономикалық формация.** *Белгілі бір өндіріс әдісіне негізделетін және адамзаттың дүниежүзілік тарихының алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, құл иеленушілік құрылыс, феодализм және капитализм құрылыс формациясына қарай даму сатысы болып табылатын қоғамның тарихи типі.*

**ҚОҒАМДЫҚ-ЭТНИКАЛЫҚ** с ы н. *Қоғамның ұлттық, этникалық, халықтық мәселелеріне тән.*

**ҚОҒАМИ** с ы н. *Қоғамдық, қоғамға тиесілі, соған тән.*

**Қоғами пікір.** *Көпшіліктің, қауымның түйгені.*

**ҚОҒАМСЫЗ** с ы н. *Қоғам болмай, қоғамның қатысынсыз.*

**ҚОҒАМТАНУ** з а т. ғ ы л ы м. *Қоғамның өзгеру, даму заңдылықтарын зерттейтін пән.*

**ҚОҒАМШЫ** с ы н. *Қоғамдық қауымдас-тыққа мүше.*

**ҚОҒАМШЫЛ** с ы н. *Қоғам мүддесін көздейтін, қоғамды сүйетін, өз қоғамына жаны шындап ашитын.*

**ҚОҒАМШЫЛДЫҚ** з а т. *Қоғамды сүюшілік қасиет, көпшілдік.*

**ҚОҒАША** ү с т. *Қоға тәрізді, қоғаға ұқсап.*

**ҚОҒАШЫҚ** з а т. ө с. <лат. pycreus> *Киякөлеңдер тұқымдасына жататын өзен-көл жағасында өсетін шөптесін өсімдік.*

**ҚОҒЫР** з а т. ө с. <лат.aguilegia> *Қызыл күрең немесе көк жасыл түсті әсімдік ушін өсірілетін, үш қырлы күрделі жапырағы бар, гүлі ірі, жалқы, түрлі-түсті гүлі бар шөптесін өсімдік.*

**ҚОДА**[1] з а т. *Ірі малдың төлін байлау үшін керілген желі арқанның жерге қағылған қазығы, ірі қазық, қада.*

**ҚОДА**[2] з а т. к ә с. *Тал шыбықтан тоқылып жасалатын балық аулайтын құрал.*

**ҚОДАҒАЙ** з а т. ж е р г. *Адам бейнесіне ұқсатып жасаған ағаш.*

**ҚОДАЙТ=** е т. с ө й л. *Қодырайту, әлдеқандай етіп көрсету, дардиту.*

**ҚОДАЙТУ** *Қодайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДАҢ** е л і к. *Біреуге қоқаңдап сес көрсетушілік, едірeңдегендік; қодырaң.*

**ҚОДАҢДА=** е т. *Қоқаңдау, сес көрсету, қодаң-қодаң ету.*

**ҚОДАҢДАТ=** е т. *Қоқаңдату, қодаң-қодаң еткізу.*

**ҚОДАҢДАТУ** *Қодаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДАҢДАУ** *Қодаңда етістігінің қимыл атауы; қоқаңдау, сес көрсету.*

**ҚОДАҢ-ҚОДАҢ** е л і к. *Қайта-қайта қодаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қодаң-қодаң етті.** *Қоқаңдады, қодыраңдады.*

**ҚОДАР** с ы н. ж е р г. *Топас, тұйық.*

**ҚОДАРЛАУ=** с ы н. *Оғаш, одыр мінезді.*

**ҚОДАС** з а т. з о о л. <лат. bos mutus> *Орта Азияның таулы аймақтарында, Тибетте, Кавказда, Моңғолияда, Алтай, Памир, Гималай, Тянь-Шань т. б. биік таулы жерлерде өсетін сиыр тұқымдас үй хайуаны.*

**ҚОДАСТАЙ** с ы н. *Қодас тәрізді, қодас сияқты.*

**ҚОДАСТА=** е т. ж е р г. *Кербездену, обыр мінезімен ұркіту.*

**ҚОДИ=** е т. **1**. *Қодыраю, қоқыраю.* **2.** *Жайласып отыру, қонжию.* **3**. а у ы с. *Паңдану, қыр көрсету.*

**ҚОДИЛАН=** е т. с ө й л. ***Қоқилан***.

**ҚОДИЛАНУ** *Қодилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДИТ=** е т. **1.** *Қоқиту, қодырайту.* **2.** ж е р г. *Үдету, көбейту.* **3.** а у ы с. *Көпірту, өсіру.*

**ҚОДИТУ** *Қодит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДИЫҢҚЫРА** с ы н. *Қодиған сыңай таныту, қоқиланған сыңай білдіріп отыру.*

**ҚОДИЫҢҚЫРАУ** *Қодиыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДИЮ** *Қоди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОД-ҚОД** о д. *Қошқарды саулыққа қосу, ызаландыру үшін айтылатын сөзқолданыс.*

**ҚОДЫ** з а т. ж е р г. ***Қодыға***.

**ҚОДЫҒА** з а т. *Маралдың, бұланның төлі, бұзауы.*

**ҚОДЫҚ**[1] з а т. з о о л. **1.** *Құланның, бөкеннің төлі, құлыны.* **2.** ж е р г. *Есектің құлыны.* **3.** *Малдың кішкенесі.*

**ҚОДЫҚ**[2] з а т. *Дөңгелектің үстіндегі жастық ағаш пен осы темірді ұстататын жоғарыдан төмен қарай өткізілген кіндік темір.*

**ҚОДЫҚТА=** е т. *Есектің төлдеуі.*

**ҚОДЫҚТАУ** *Қодықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРА** з а т. *Бидайдың қалдығынан шыққан өнім, қодырeң.*

**ҚОДЫРАЙ=** е т. **1.** *Қоқию, құдірею, құжірею.* **2.** а у ы с. *Сұстану, сес көрсету, едірею, қоқилану.*

**ҚОДЫРАЙТ=** е т. *Қоқиту, құдірейту, едірейту.*

**ҚОДЫРАЙТУ** *Қодырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРАЙЫҢҚЫРА=** е т. *Қодырайған сыңай таныту.*

**ҚОДЫРАЙЫҢҚЫРАС=** е т. *Қодыраю, құдірейісу.*

**ҚОДЫРАЙЫҢҚЫРАСУ** *Қодырайыңқырас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРАЙЫС=** е т. *Құдірейісу, құжірейісу, қоқиланысу.*

**ҚОДЫРАЙЫСУ** *Қодырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРА-ҚОДЫРА** с ы н. *Арнайы егілмеген, төгілген, шашылған ұрықтан шыққан (бидай).*

**ҚОДЫРАҢ**[1] з а т. с ө й л. ***Қодырeң*** *(бұрынғы егіннің орнына өз бетімен жабайыланып шыққан біржылдық бидай түрі, малалауы қиынға түсетін астық түрі).*

**ҚОДЫРАҢ**[2] з а т. *Біреуге қоқаңдаған, едірeңдеген қылық.*

**Қодыраң қақты**. *Емпеңдеді, қодыраңдады, едірeңдеді.*

**ҚОДЫРАҢ**[3] з а т. ж е р г. *Желкенмен жүретін кішкене қайық. // Желкенді, желкенмен жүретін.*

**ҚОДЫРАҢДА=** е т. **1**. *Қоқаңдау, қожаңдау, қодыраң-қодыраң ету.* **2.** а у ы с. *Үйірге түсу, үйірге иелік жасау, үйірін қайыру, басқа малды жолатпау.*

**ҚОДЫРАҢДАЙ** с ы н. *Қодыраң сияқты, қодыраң тәрізді.*

**Қодыраңдай құрады.** *Шөл далада өскен қодыраң (жабайыланып шыққан бидай) сияқты сусыз, сусынсыз қалды, құрғақшылыққа, шөлге ұшырады.*

**ҚОДЫРАҢДАС=** е т. *Қоқаңдасу, қожаңдасу, қодыраң-қодыраң етісу.*

**ҚОДЫРАҢДАСУ** *Қодыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРАҢДАТ=** е т. *Қоқаңдату, қожаңдату, қодыраң-қодыраң еткізу.*

**ҚОДЫРАҢДАТУ** *Қодыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРАҢДАУ** *Қодыраңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қоқаңдау, қожаңдау.* **2.** а у ы с. *Үйірге түсу, үйірге иелік жасау, үйірін қайыру, басқа малды жолатпау.*

**ҚОДЫРАҢ-ҚОДЫРАҢ** е л і к. *Қайта-қайта қодыраңдаған, едірeңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қодыраң-қодыраң етті.** *Қодыраңдады, едірeңдеді, қырып кете жаздады.*

**ҚОДЫРАЮ** *Қодырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОДЫРЕҢ**[1] з а т. *Бұрынғы егіннің орнына өз бетімен жабайыланып шыққан бидай. // Жабайыланып шыққан.*

**ҚОДЫРЕҢ**[2] з а т. **1.** *Кенжелеп жазғысалым күйектен кейін туған төлдің атауы.* **2**. с ө й л. *Әкесіз, заңсыз туған бала.*

**ҚОДІРЕҢДЕЙ** с ы н. *Қодірең сияқты, қодірең тәрізді.*

**ҚОЖ**[1] з а т. к е н. *Әртүрлі рудаларды ажыратудан қалған қатты қалдық, көмірдің жанғаннан кейінгі кеуекті қалдығы.*

**ҚОЖ**[2] з а т. э т н. *Үлкен малдың жалпақ сүйегінен жасалған ұстаның шоқ-қоза араластыратын күл алатын күрек тәрізді аспабы.*

**ҚОЖА**[1] з а т. д і н и. *Ислам дінін таратушы, уағыздаушы, дінбасы.*

**ҚОЖА**[2] з а т. **1.** *Отағасы (әке, күйеу), үй иесі.* **2.** *Белгілі бір кәсіпорынның, шаруашылықтың*

*бастығы.* **3.** *Біреудің, бір нәрсенің иесі, егесі.* **4.** *Билеуші, бағындырушы.* **5.** *Өз ісі мен сөзіне ие.* **6.** *Иемденуші, ие.* **7.** сөйл. *Ел басқарушы, басшы.*

**Қожа болды.** *Иелік етті, билеп-төстеді, иемденді, бағындырды.*

**ҚОЖАБАС** сын. *Ірі, кесек.*

**Қожабас бидай.** кәс. егіншар. *Ірі дәнді бидай түрі.*

**ҚОЖАБИДАЙ** зат. жерг. *Қара бидай.*

**ҚОЖАБЕСІН** зат. көне. *Күннің маңдай тұсқа келген шағы.*

**ҚОЖАДАЙ** сын. *Қожа тәрізді, қожа сияқты.*

**ҚОЖАҒАЙ** зат. **1.** кен. *Қайнатқан, әлі еруі жетпеген металл.* **2.** *Таңба басу үшін қып-қызыл етіп отқа балқытылған темір.*

**ҚОЖАЙЫН** зат. **1.** *Үй иесі, отағасы.* **2.** *Белгілі бір заттың, нәрсенің иесі, егесі.* **3.** *Қарамағында малын бағып, қызмет жасайтын жалшы-қызметшілері бар бақуатты, бай адамдар.* **4.** *Белгілі бір жерді қоныстанып, сол жерге иелік ететін адамдар.* **5.** *Белгілі бір шаруашылықтың, мекеменің (зауыт, фабрика т.б.) бастығы, иесі.*

**ҚОЖАЙЫНДАЙ** сын. *Қожайын тәрізді, қожайын сияқты.*

**ҚОЖАЙЫНДЫҚ** зат. *Иелік, басшылық; бірдемеге ие болушылық, қожалық.*

**ҚОЖАЙЫНСУ** *Қожайынсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАЙЫНСЫ=** ет. *Қожайын болғансу, бастықсыну.*

**ҚОЖАЙЫНСЫЗ** сын. *Иесіз, басшысыз.*

**ҚОЖАКҮРІШ** зат. өс. *Ақ өңді, сүйегі ірі, өнімді күріш.*

**ҚОЖЕКЕ** зат. этн. *Қожаны құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.*

**ҚОЖАКЕНДІР** зат. өс. <лат. dipsacus> *Сабағы ұзын әрі бұтақты болып келетін, екі не көпжылдық, сабақтары тікенекті техникалық өсімдік.*

**ҚОЖАҚ** зат. сөйл. *Қоқаңдағандық, қожаң-дағандық, қоқаң, қодаң, қоқаң-қоқаң еткендік.*

**ҚОЖАҚ-ҚОЖАҚ** елік. *Қайта-қайта қожаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қожақ-қожақ етті.** *Қожақтады, қожаң-дады.*

**ҚОЖАҚАТ** зат. ***Қарабүлдірген*** *(екі жылда көктейтін майда тікенді, ақшыл түсті шашақты гүлшоғырға топтасқан құрай тектес өсімдік және сол өсімдіктің жеуге жарайтын қаракөк түсті жидегі).*

**ҚОЖАҚТА=** ет. *Қоқаңдау, қожақ-қожақ ету.*

**ҚОЖАҚТАЛАН=** ет. жерг. *Қожалақтану, кірлену, ластану.*

**ҚОЖАҚТАЛАНУ** *Қожақталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАҚТАТ=** ет. *Қоқаңдату, қожақ-қожақ еткізу.*

**ҚОЖАҚТАТУ** *Қожақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАҚТАУ** *Қожақта етістігінің қимыл атауы; қоқаңдау, қожақ-қожақ ету.*

**ҚОЖАЛАҚ** сын. *Айғыз-айғыз, кір-кір, сатпақ-сатпақ.*

**ҚОЖАЛАҚ-ҚОЖАЛАҚ** сын. *Өне бойы қожалақ, сатпақ-сатпақ, лас, кір.*

**ҚОЖАЛАҚТА=** ет. *Қожалақ-қожалақ ету, сатпақтау.*

**ҚОЖАЛАҚТАН=** ет. **1.** *Қожалақ-қожалақ болу, сатпақтану.* **2.** ауыс. *Бұлт торлау, алабұлттану, түнеру.*

**ҚОЖАЛАҚТАНУ** *Қожалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАЛАҚТАУ** *Қожалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАЛАН=** ет. *Иелік ету, иелену, қожа болу.*

**ҚОЖАЛАНУ** *Қожалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАЛАНУШЫ** зат. *Иелік етуші, меншік иесі.*

**ҚОЖАЛ-ҚОБАЛАҚ** сын. *Икемсіз, ожар.*

**ҚОЖАЛЫ** сын. *Қожасы бар.*

**ҚОЖАЛЫҚ**[1] зат. *Қожа деген атаққа ие болғандық; дінбасы болушылық.*

**ҚОЖАЛЫҚ**[2] зат. **1.** *Иелік, басшылық, билік.* **2.** *Шаруашылық.* **3.** жерг. *Үй іші, отбасы.*

**Қожалық етті [қылды, жасады].** *Егелік қылды, билік жасады, бағындырды.*

**ҚОЖА-МОЛДА** зат. діни. *Діндіуағыздаушылар, дін иелері.*

**Қожа-молдадан емдену.** этн. *Үшкіріп ұшықтау, оқу, аластау, дем салу т.б. жолмен қазақы ем қабылдау.*

**ҚОЖА-МОЛДАЛЫҚ** зат. *Діни қағидаларды ұстаушылық, діндарлық.*

**ҚОЖА-МОЛЛА** зат. сөйл. ***Қожа-молда.***

**ҚОЖАМСЫН=** ет. *Өзін қожа, ие сияқты сезіну, иемдену.*

**ҚОЖАМСЫНУ** *Қожамсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАНАСЫР** зат. этн. **1.** *Түркі халықтары арасына кең тараған күлдіргі әңгімелер кейіпкері.* **2.** ауыс. *Аңқау, аңғал, ақпейіл, ақкөңіл (адам).* **3.** ауыс. *Істеген ісі, қылығы таңғаларлық, түсініксіз, қызық (адам).*

**ҚОЖАНАСЫРЛАУ** сын. *Аңқаулау, аңғалдау, қулығы жоқ.*

**ҚОЖАНАСЫРЛЫҚ** зат. *Аңғырттық, аңқаулық.*

**ҚОЖАНАСЫРША** үст. *Қожанасыр тәрізді, қожанасыр сияқты.*

**ҚОЖАНАСЫРШЫЛАП** үст. *Қожанасыр адам сияқты, қожанасырша; еш нәрсені жасырмай, аңқылдап.*

**ҚОЖАНТЫ** зат. жерг. ***Қожанты пышақ.***

**Қожанты пышақ.** этн. жерг. *Үлкен пышақ.*

**ҚОЖАҢ** зат. *Қоқаңдаушылық, қожаң-қожаң етушілік, қожаңдаушылық.*

**ҚОЖАҢДА=** ет. **1.** *Қожаң-қожаң ету, қодыраңдау, қыр көрсету.* **2.** ауыс. *Күш көрсету, зорлық қылу.* **3.** *Қодаңдау, тікеңдеу, қыр көрсету, әкіреңдеу.*

**ҚОЖАҢДАС=** ет. *Қожаң-қожаң етісу, қодыраңдасу.*

**ҚОЖАҢДАСУ** *Қожаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАҢДАТ=** ет. *Қожаң-қожаң еткізу; қодыраңдату.*

**ҚОЖАҢДАТУ** *Қожаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАҢДАУ** *Қожаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАҢ-ҚОЖАҢ**: **қожаң-қожаң етті**. *Қожаңдады, қодыраңдады.*

**ҚОЖАСУ** *Қожасы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАСЫ=** ет. *Қожа болғансу, мардымсу, қожайынсыну.*

**ҚОЖАСЫЗ** сын. *Билеушісіз, иесіз.*

**ҚОЖАСЫЗДЫҚ** зат. *Қожасы жоқтық, иесіздік.*

**ҚОЖАСЫН=** ет. *Қожа болғансу, иесіну, қожайынсыну.*

**ҚОЖАСЫНДАЙ** сын. *Қожасы тәрізді, иесіндей.*

**ҚОЖАСЫНУ** *Қожасын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖАШӨП** зат. өс. жерг. *Басы жұдырықтай жұмыр болып өсетін, сырты түк-түк ұзын құрай түрі.*

**ҚОЖБАЛЫҚ** зат. зоол. *Қауырсыны тығыз, түсі торғын сары, дуадақтар тобына жататын ірі құс.*

**ҚОЖБАН** сын. *Аса ірі, дәу, күжірейген.*

**Қожбан қара.** *Еңгездей, дәу қара (кісі).*

**ҚОЖБАНТОПАЙ** сын. жерг. *Жуас, жігерсіз, жасық.*

**ҚОЖДА=** ет. физ. *Өтөтімді материалдардың жоғары температурада шикіқұраммен өзара әрекеттесіп, қожданған қабаттың пайда болуы.*

**ҚОЖДАМА** зат. металл. *Әртүрлі қож қоспаларынан тұратын металлургиялық реакция нәтижесінен пайда болған өнім.*

**ҚОЖДАМАЛА=** ет. кен. *Сұйық металл мен құймалар құрам бөліктерін қожбен байланыстырып, химиялық қосылыстар жасау.*

**ҚОЖДАМАЛАУ** *Қождамала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖДАУ** *Қожда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖДИ=** ет. сөйл. ***Қонжи.***

**ҚОЖДИЮ** *Қожди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖДЫҚ** сын. *Қожға арналған, қожға тән.*

**Қождық бітім.** кен. *Домна пештерінің шлактарына ұқсас лаваларды көпіршікті бітімі.*

**ҚОЖ-ҚОЖ**[1] сын. *Бұжыр-бұжыр, бұдыр-бұдыр (тас).*

**ҚОЖ-ҚОЖ**[2] елік. *Қожылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қож-қож етті.** *Қожылдады, қожылдаған дыбыс шығарды.*

**ҚОЖЫҚ** сын. жерг. *Дәу, үлкен, зор.*

**ҚОЖЫЛДА=** ет. сөйл. **1.** ***Божылда*** *(быжылдап қайнау).* **2.** *Қож-қож еткен дыбыс шығару, қырылдап аласұру.*

**ҚОЖЫЛДАУ** *Қожылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫМЕК** сын. жерг. *Тапал, ергежейлі.*

**ҚОЖЫР** сын. **1.** *Бұдыр, бұжыр.* **2.** *Сүйкімсіз, жағымсыз.* **3.** ауыс. *Сұрқай түнеріңкі.* **4.** ауыс. *Дөрекі, әдепсіз.*

**Қожыр бет.** *Тегіс емес, безеу, әжім басқан.*

**ҚОЖЫРА=** ет. **1.** *Малдың сүті кеміп, суала бастауы. Малдың үйірден қалып, күйі кетуі.* **2.** ауыс. *Берекесі кету, ыдырау, тарау, сиырқұйымшықтану, нәтижесіз бола бастау.* **3.** ауыс. *Жалқаулану, сылбыр тарту, босаңсу.* **4.** ауыс. *Тауы шағылу.* **5.** ауыс. *Әннің, сөздің қадір-қасиеті, мәнісі кету, шашырау.*

**ҚОЖЫРАЙ=** ет. **1.** *Күжірею, қоржию.* **2.** *Жайласып отыру, қонжию.*

**ҚОЖЫРАЙТ=** ет. *Күжірейту, қоржиту.*

**ҚОЖЫРАЙТУ** *Қожырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАҚ** сын. сөйл. ***Қожыр.***

**ҚОЖЫРАҢДА=** ет. сөйл. ***Қодыраңдау.***

**ҚОЖЫРАҢДАУ** *Қожыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАҢҚЫ** сын. *Берекесі жоқ, қожыраған; ебедейсіз, икемсіз.*

**ҚОЖЫРАҢҚЫРА=** ет. *Берекесі ұшу, сәні кету.*

**ҚОЖЫРАҢҚЫРАУ** *Қожыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАС=** ет. **1.** *Берекесі кету, ыдырау.* **2.** *Айырылысу, ажырасу.*

**ҚОЖЫРАСУ** *Қожырас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАТ=** ет. **1.** *Берекесін кетіру, сәнін кетіру.* **2.** *Әннің, сөздің, күйдің т.б. қадір-қасиетін, нақышын кетіріп бұзу, шашырату.*

**ҚОЖЫРАТУ** *Қожырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАУ** *Қожыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРАУШЫЛЫҚ** зат. *Сылбырлық, босаңдық, бойкүйездік.*

**ҚОЖЫРАЮ** *Қожырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРҚАЙ** сын. *Қожырлау, кедір-бұдыр.*

**ҚОЖЫР-ҚОЖАЛАҚ** сын. *Кір-қожалақ, лас.*

**ҚОЖЫР-ҚОЖЫР** сын. *Тегіс емес; бұжыр-бұжыр.*

**ҚОЖЫРЛА=** ет. *Қожыр-қожыр ету.*

**ҚОЖЫРЛАН=** ет. *Қожыр-қожыр болу, бұжырлану.*

**ҚОЖЫРЛАНУ** *Қожырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРЛАУ**[1] сын. *Аздап қожыр басқан, бұжырлау.*

**ҚОЖЫРЛАУ**[2] *Қожырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРМАҚ** зат. *Беті тегіс емес, бұжыр-бұжыр, бұдыр-бұдыр.*

**ҚОЖЫРМАҚТАН=** ет. *Қожырлану, бұжырлану, қожырмақ болу.*

**ҚОЖЫРМАҚТАНУ** *Қожырмақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЖЫРМАҚТЫ** сын. *Қожырмақ қабығы бар, қожыр-қожыр.*

**ҚОЖЫРСЫЗ** сын. *Қожыры жоқ; бұдырсыз.*

**ҚОЖЫРТ=** ет. *Жөн-жосықсыз сөйлеу, былжырау.*

**ҚОЖЫРТУ** *Қожырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗ** зат. *Шоғы сөнбеген ыстық күл, қоламта.*

**Қозға көмілген шоқтай.** бейн. *Ұмытылмаған, жүрек түкпірінде жатқан, жалыны өшпеген (сезім, махаббат туралы).* **Қоздың табындай.** *Күйіп қаларлықтай, ыссы, ыстық.* **Қоз салу.** этн. қолөнер. *Шоғы сөнбеген ыстық күлге үй ағаштарын жібітіп, морлаудың қарапайым тәсілі.* **Қоз тастады.** *Өшіктірді, өршелендірді.*

**ҚОЗ=** ет. **1.** *Бір әрекет-істің я уақиғаның өрши түсуі, асқынуы.* **2.** *Елігу, желігу.*

**ҚОЗА[1]** зат. көне. этн. *Алтын-күмістен жасалып, ортасына тас орнатылған сырт және баскиімге қадайтын әшекей бұйым түрі.*

**Қоза сырға.** этн. ***Қозалы сырға.***

**ҚОЗА[2]** зат. кәс. *Мақта өсімдігінің сабағы; қозапая.*

**Қоза аралығы.** *Мақта өсімдігінің әрбір түбінің арасы.* **Қоза баптау.** *Мақта өсімдігін күту.* **Қоза жапырағын түсіру.** *Мақта өнімін мәшинемен жинау үшін химикат арқылы қоза жапырағын құратып, жапырақсыздандыру.* **Қоза көшеті.** кәс. *Мақта өсімдігінің түбі.* **Қоза қалыңдығы.** *Мақта өсімдігінің түп санының жиілігі, тығыздығы.* **Қозаның жаппай көрінуі.** кәс. *Мақта өсімдігінің жер бетіне біртегіс шығуы.*

**ҚОЗА[3]** зат. жерг. ***Қоз*** *(ыстық табы азаймаған ыстық күл).*

**ҚОЗАДАЙ** сын. *Қоза тәрізді, қоза сияқты.*

**ҚОЗАҚ** зат. этн. жерг. *Бөз тоқитын өрмек.*

**ҚОЗАҚ-ҚОЗАҚ** сын. *Өзек-өзек.*

**ҚОЗАЛЫ** сын. *Қозасы бар, қоза тағылған.*

**Қозалы алқа.** этн. этн. *Шар тәрізді сылдырмақтармен әшекейленген алқа түрі.* **Қозалы бидай.** бейн. *Қызыл күреңденіп толысып, пісіп-жетілген астық (бидай).* **Қозалы сырға.** зерг. этн. *Қымбат, бағалы сырға.* **Қозалы үкі.** этн. *Бөрікке қадайтын үкі қауырсынын ораған әшекей.* **Қозалы шолпы.** зерг. этн. *Сәндікке қоза орнатып жасалған шолпы.*

**ҚОЗАЛЫҚ** зат. кәс. *Мақта егілген егістік жер.*

**ҚОЗАНА: қозана тіледі.** *Тіршілікке, жарық дүниеге шығуға талпынды.*

**ҚОЗАПАЯ** зат. ***Қоза[2]***.

**ҚОЗБА** зат. мед. *Есіріп кететін ауру, ұстама.*

**Қозбасы ұстады.** *Есіріп кететін ауруы қайталады, көтеріліп ауырды.*

**ҚОЗБАЛЫҚ** зат. мед. *Қозып кеткіштік, тез қозып көтеріліп кететін ауру, ұстамалы дерт.*

**ҚОЗҒА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қимылдату, қыбырлату.* **2.** *Орнынан тұру, қыбырлап, әрекет жасау.* **3.** *Затты, нәрсені бір жерден екінші жерге жылжытып, орнын ауыстыру.* **4.** *Ұстау, қолға алу, тию.* **5.** ауыс. *Әңгіме айту, сөз бастау.* **6.** ауыс. *Қайта қарау, жаңғырту.* **7.** ауыс. *Өркендету, дамыту.*

**ҚОЗҒАҒЫШ** сын. *Қозғайтын, қозғай беретін.*

**ҚОЗҒАҒЫШТЫҚ** зат. *Қозғай бергіштік.*

**ҚОЗҒАҚ: қозғақ қақты.** сөйл. ***Қозғалақ қақты.***

**ҚОЗҒАЛ=** ет. **1.** *Қимылдау, қозғалыс жасау.* **2.** *Қоныс, мекен, тұрақты ауыстыру, екінші бір жерге көшіру.* **3.** *Жер сілкіну.*

**Қозғалатын мүлік.** экон. *Мүліктік игіліктер мен құқықтар қатарына жататын азаматтық құқық объектілерінің бірі.* **Қозғалмайтын мүлік.** экон. ***Жылжымайтын мүлік.***

**ҚОЗҒАЛАҚ** сын. сөйл. *Дамылсыз, мазасыз, қозғалғыш.*

**Қозғалақ қақты.** *Қозғалақтады, мазасызданды, тыпыршыды.*

**ҚОЗҒАЛА-ҚОЗҒАЛА** үст. *Жылжып, ілбіп, баспалап.*

**ҚОЗҒАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қимылдау, қозғалу.* **2.** ауыс. *Шыдамсыздық таныту, тынышсыздану.*

**Қозғалақтап кетті.** *Бір орнында отыра алмай, тыпыршыды, тынышы кетті.*

**ҚОЗҒАЛАҚТАС=** ет. *Абыр-сабыр болысу, дағдарысу.*

**ҚОЗҒАЛАҚТАСУ** *Қозғалақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛАҚТАТ=** ет. *Қозғалту, қимылдату.*

**ҚОЗҒАЛАҚТАТУ** *Қозғалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛАҚТАУ** *Қозғалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛАҢ** зат. жерг. *Қозғалыс, қимыл күрес әрекеті.*

**Қозғалаң болды.** *Көтеріліс болды, дүрбелең туды.*

**ҚОЗҒАЛҒЫШ** сын. **1.** *Қозғала беретін, қимылдағыш, бір орнында тұрмайтын.* **2.** *Жер сілкіну апатына ұшырағыш.* **3.** ауыс. *Жеңіл қимылдайтын, ширақ.* **4.** ауыс. *Ашуланшақ, жүйкесі шаршаған.*

**ҚОЗҒАЛҒЫШТА=** ет. сөйл. ***Қозғалақта.***

**ҚОЗҒАЛҒЫШТАУ** сын. *Жиі қозғалатын, қимылдай беретін, тынымсыз.*

**ҚОЗҒАЛҒЫШТАУ** *Қозғалғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛҒЫШТЫҚ** зат. *Қозғала бергіштік, қимылдағыштық.*

**ҚОЗҒАЛДЫР=** ет. **1.** *Қозғалысқа түсіру.* **2.** ауыс. *Қайта жандандыру, жаңғырту, қозғау салу.*

**ҚОЗҒАЛДЫРУ** *Қозғалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛМАЛЫ** сын. *Әрі-бері қозғалып тұратын.*

**Қозғалмалы белдеу.** геол. *Мұхиттарды жиектеп құрылықтар өңірінде көрініс беретін немесе сол мұхиттардың ішкі өңірлерінде сағаланатын бүкіл тектоносфераға тән ең ірі құрылымдық элементтердің жалпылама атауы.*

**ҚОЗҒАЛТ=** ет. **1.** *Орнын ауыстыру, жыл-жыту.* **2.** *Қозғалысқа түсіру, қимылдату.* **3.** *Болымсыздық формада келіп, қимылдауға, қозғалуға мүмкіндігі болмады, шамасы келмеді деген мағынаны білдіреді.* **4.** *Болымсыздық формада келіп, тырп еткізбеді, ұстап алды, қолға түсірді деген мағынаны білдіреді.* **5.** *Болымсыз формада келіп, орнынан тұрғызбады, тұруға, қозғалуға мұршасын келтірмеді деген мағынаны білдіреді.*

**ҚОЗҒАЛТҚЫШ[1]** зат. тех. **1.** *Механика тетігі.* **2.** <лат. motor> *Қандай бір энергия түрін механикалық жұмысқа түрлендіретін күш-қуат мәшинесі.*

**ҚОЗҒАЛТҚЫШ[2]** сын. *Бір нәрсені қозғалтып тұратын, қимылдатқыш.*

**ҚОЗҒАЛТҚЫШ-ГЕНЕРАТОР** зат. тех. *Реттелетін электр жетегі.*

**ҚОЗҒАЛТТЫР=** ет. *Қозғалысқа түсірту, қимылдаттыру.*

**ҚОЗҒАЛТТЫРУ** *Қозғалттыр етістігінің қимыл атауы*

**ҚОЗҒАЛТУ** *Қозғалт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛТУШЫ** сын. *Қозғалысқа келтіруші, қозғалтатын.*

**ҚОЗҒАЛУ** *Қозғал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛУШЫ** сын. *Қозғалатын, орын ауыстыратын.*

**ҚОЗҒАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қозғалу, қыбырлау.*

**ҚОЗҒАЛЫҢҚЫРАУ** *Қозғалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАЛЫС** зат **1.** *Қимыл, әрекет, жүріс-тұрыс.* **2.** филос. *Материя болмысының аса маңызды атрибуты, оның өмір сүру тәсілі; заттар мен құбылыстардың жалпы өзгерісін, бір-біріне әсер етуін білдіретін ұғым.* **3.** саяси. *Қоғам мен саяси өмірге әсер етуші, ықпалын тигізуші күш, белгілі бір мақсатты көздейтін іс-әрекет, қадам.* **4.** саяси. *Халықтық жаппай наразылық, көтеріліс, ереуіл, толқу, күрес.*

**Қозғалыс жасады.** а) *Қимыл-қозғалысқа, қимыл-әрекетке түсті.* ә) *Ереуіл, көтерілiске шықты, наразылық білдірді.* **Қозғалыс күші.** физ. *Қозғалыстағы дененің не мүшесінің басқа бір затқа күшпен әсер ету өлшемі.* **Қозғалыс қарқыны.** физ. *Қимыл-қозғалыстың біртекті қайталану жиілігі.* **Қозғалыс ұзақтығы.** спорт. *Жаттығуларды орындауға кететін уақыт.* **Қозғалыс шапшаңдығы.** физ. *Дененің не дене мүшесінің қашықтықты өту жолына оған кеткен уақыттың арақатынасы.*

**ҚОЗҒАЛЫССЫЗ** сын. *Қимылсыз, әрекетсіз.*

**ҚОЗҒАҢ: қозғаң еткізді.** *Қиқаң еткізді, қимылдатты.*

**ҚОЗҒАҢҚЫРА=** ет. **1.** *Қозғалысқа түсіріңкіреу, аздап қозғалту, қимылдатыңқырау.* **2.** ауыс. *Сөз ету, сөз қылу.*

**ҚОЗҒАҢҚЫРАУ** *Қозғаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАП-ҚОЗҒАП** үст. **1.** *Қимыл-әрекет жасап, қимыл-қозғалысқа түсіріп.* **2.** *Ишарат жасап, белгі беріп.*

**ҚОЗҒАС=** ет. *Қозғауға көмектесу, қозғалысқа түсірісу, жылжытысу.*

**ҚОЗҒАСУ** *Қозғас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАСТЫР=** ет. *Ары-бері аудастыру, жылжыту.*

**ҚОЗҒАСТЫРУ** *Қозғастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАТ=** ет. **1.** *Қимыл-қозғалысқа түсіру, орнын ауыстырту, жылжыту, қимылдату.* **2.** *Мекенжайын алмастыру, көшіру, ысыру.* **3.** ауыс. *Сөз еткізу, айтқызу, әңгімелеткізу.*

**ҚОЗҒАТУ** *Қозғат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАТТЫР=** ет. *Орнын ауыстырту, жылжыттыру.*

**ҚОЗҒАТТЫРУ** *Қозғаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАТЫС=** ет. *Бірлесе қозғау, бірге қозғау.*

**ҚОЗҒАТЫСУ** *Қозғатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАУ** зат. *Қозғалыс, өзгеріс.*

**Қозғау салды.** *Түрткі, мұрындық болды.*

**ҚОЗҒАУ** *Қозға етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗҒАУСЫЗ** сын. *Ешқандай қозғауға түсірілмеген, қимыл-қозғалыссыз, әрекетсіз.* **2.** *Тығулы, бүркеулі.* **3.** ауыс. *Беті жабулы, қаралмай қалған, елеу-сіз.*

**ҚОЗҒАУШЫ** зат. *Бір нәрсені қозғалысқа келтіруші, түрткі болушы, қозғау салушы.*

**Қозғаушы күш.** қоғ. *Бір нәрсенің негізі; ұйытқы, мұрындық болатын нәрсе.*

**ҚОЗҒАУШЫЛЫҚ** зат. *Қимыл-әрекетке келтірушілік; түрткі болушылық.*

**ҚОЗҒАУЫШ** зат. сөйл. ***Қозғаушы.***

**ҚОЗҒЫШ** сын. **1.** *Тез қозып кететін, ашуланшақ.* **2.** мед. *Аурушаң, тез ауырып қалатын; ауруды тез қабылдайтын.*

**ҚОЗҒЫШТЫҚ** зат. *Тез қозып кеткіштік, әсерленгіштік.*

**ҚОЗДА[1]=** ет. *Қойдың қозы табуы, төлдеуі.*

**Қоздаған қойдай маңырады.** *Зарлады, зар жақтанды.*

**ҚОЗДА[2]=** ет. **1.** *Қып-қызыл боп шоқтану, қоз пайда болу, қоз көбею.* **2.** ауыс. *Тұтану, туындау; өршу.*

**ҚОЗДАН=** ет. **1.** *Жану, жана бастау, қып-қызыл боп шоқтану.* **2.** ауыс. *Тұтану, туындау, өршу.*

**ҚОЗДАНДЫР=** ет. **1.** *Шоққа айналдыру, жандыру.* **2.** *Бұландыру.* **3.** ауыс. *Өршіту, тұтандыру.* **4.** ауыс. *Қозғау, ояту.*

**ҚОЗДАНДЫРУ** *Қоздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗДАНУ** *Қоздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗДАТ[1]=** е т. *Төлдету.*

**ҚОЗДАТ[2]=** е т. **1.** *Шоқтандыру, жандыру.* **2.** а у ы с. *Өршіту, үлғайту, көбейту.* **3.** а у ы с. *Бықсыту, бүлік салу.* **4.** а у ы с. *Сөзді, әңгімені көбейту, артық-ауыс, орынсыз әңгімеге айналдыру.*

**ҚОЗДАТУ[1]** *Қоздат етістігінің қимыл атауы; қойды төлдету.*

**ҚОЗДАТУ[2]** *Қоздат етістігінің қимыл атауы; шоқтандыру, жандыру.*

**ҚОЗДАТУШЫ** з а т. *Қоздату ісін атқарушы.*

**ҚОЗДАТУШЫЛЫҚ** з а т. *Қойды төлдетушілік.*

**ҚОЗДАТЫЛ=** е т. *Төлдетілу.*

**ҚОЗДАТЫЛУ** *Қоздатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗДАУ[1]** *Қозда етістігінің қимыл атауы; төлдеу.*

**ҚОЗДАУ[2]** *Қозда етістігінің қимыл атауы; қып-қызыл боп шоқтану.*

**ҚОЗДЫР=** е т. **1.** *Асқындыру, өршіту, үдету.* **2.** ф и з и о л. *Қозуға мүмкіндік жасау, тітіркендіру.*

**ҚОЗДЫРҒЫШ[1]** з а т. **1.** б и о л. *Ауру тудыратын микроб, зиянкестер.* **2.** х и м. *Тәнге сіңірген жағдайда тез әрі азғана уақытқа есірік күйге түсіріп, дене мен жүйкенің белсенділігін күшейтетін фармакологиялық не басқа да химиялық заттар.*

**ҚОЗДЫРҒЫШ[2]** с ы н. **1.** *Бір нәрсені қоздырып жіберетін, өршіткіш, үдеткіш.* **2.** м е д. *Ауру туғызатын.* **3.** а у ы с. *Еліктіргіш, желіктіргіш.*

**ҚОЗДЫРҒЫШТЫҚ** з а т. *Қоздырып жібергіштік, әсерлендіргіштік.*

**ҚОЗДЫРТ=** е т. *Өршіту, үдету.*

**ҚОЗДЫРТУ** *Қоздырт етістігінің қимыл атауы; өршіту, үдету.*

**ҚОЗДЫРУ** *Қоздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗДЫРУШЫ** з а т. **1.** *Үдетуші, желіктіруші.* **2.** м е д. *Түрлі ауруларды туғызушы, өршітуші (бактериялар, микробтар).*

**ҚОЗДЫРЫЛ=** е т. *Үдетілу, өршітілу.*

**ҚОЗДЫРЫЛУ** *Қоздырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗЕМЕР**: **қоземер шақ.** э т н. *Жаңадан туған қой төлінің отыққанға дейінгі кезі.*

**ҚОЗУ[1]** з а т. ф и з и о л. *Тірі жасушалардың тітіркендіргіштерге қайтаратын жауабы, жасушаның мембраналық әлеуетінен әрекет әлеуетіне айналу процесі.*

**Қозудың жайылу заңы**. ф и з и о л. *Афферентті жүйке импульстерінің таралуы.* **Қозудың мембраналық-иондық теориясы**. ф и з. б и о л. *Тітіркенген ұлпаларда иондар концентрациясының айырымы нәтижесінде қозудың пайда болуын дәлелдейтін ұғым.* **Қозудың өткізу заңдары.** ф и з и о л. *Қозудың жүйке бойымен таралу заңдылықтары.* **Қозудың шоғырлану заңы.** ф и з и о л. *Мидың тар шектелген жерлерінде жүйке процестерінің жинақталуы.* **Қозу энергиясы.** х и м. *Электронды атом ядросына жақын орбитадан алыс орбитаға көшіруге жұмсалатын энергия.*

**ҚОЗУ[2]** *Қоз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өршу, үдеу.* **2.** *Елігу, желігу.*

**ҚОЗША** ү с т. *Қоз тәрізді, қозға ұқсап.*

**ҚОЗЫ** з а т. **1.** з о о л. *6 айға толмаған қойдың төлі.* **2.** а у ы с. э к с п р. *Жас балаға еркелету мәнінде айтылатын сөз.*

**Қозы айырды.** м а л ш а р. *Күзде қозыны енесінен ажыратты.* **Қозы алды.** м а л ш а р. а) *Кешкі сауымнан кейін енесімен бірге жіберілген қозылақты түнге қарай бөліп көгендеді.* ә) *Төлдетті, төл алды.* **Қозы ауыл, қой ауыл болып отыру.** э т н. *Ауылдас ағайын жекжаттар бірбірінен сәл алшақтау қоныстанып, сауым маусымында қозы мен саулық қойды жеке-жеке қоралап түнетіп, күндіз жеке жайылту.* **Қозы бағу.** *Қойдың жайылымға жарап қалған төлін ересек малдан бөлек жаю, күту (көбінесе жас балалар атқарады).* **Қозы бөлді.** а) *Еміп қоймас үшін сауын қойлардың қозыларын енелерінен уақытша ажыратты.* ә) *Кепе болған қозыларды күзде енелерінен айырып, бөлек қора жасады.* **Қозы бүт.** *Қозы басы, саны деген мағынада.* **Қозы елтірісі**. *Екі-үш айлық қозы терісі.* **Қозы еті**. *Жасы 6 айға толмаған қой төлінің еті.* **Қозы жүнді киіз.** э т н. *Қозының күзем жүнінен басылған киіз.* **Қозы жүні**. *5-6 айлық қозының жұмсақ жүні.* **Қозы көген жер**. э т н. *Азғана қашықтық; жақын ара.* **Қозы көрпе.** э т н. *Жас, жұмсақ көк шөп.* **Қозы қайырым [жер]**. э т н. *Өте жақын жер.* **Қозы қарын**. *Қарны сәл шығыңқы, бұлтиған.* **Қозыны аяқтандыру.** *Қозыны жетілдіру, өсіру.* **Қозыны жағызу.** м а л ш а р. *Жетім төлдерді сүтті жануарларға егізден емізу немесе төлі жоқ жануарларға жанастырып алу.* **Қозыны қағуылдап аяқтандыру**. м а л ш а р. *Алғашқы кезде мойнын қайырып жата беретін төлді сергіп кету үшін қайта-қайта қозғап, орнынан тұрғызу.* **Қозының аузын үрлеу.** м а л ш а р. *Жаңа туған төлдің бет-ауызын шаранадан тазартып, төлдің аузын ашып, үрлеу.* **Қозыны тарту.** м а л ш а р. *Пішу, буу, ақта жасау.* **Қозыны телу**. м а л ш а р. *Жеріген қойдың қозысын таныстыру, бауырына салу, өз төлін өзіне таныту.* **Қозыны уызға бөктіру**. м а л ш а р. *Төл күнінде ауру-сырқаудан сақтау мақсатымен қозыны уызға тойғызу.*

**ҚОЗЫБАЛАҚ** з а т. з о о л. *Қауырсыны тығыз, түсі тарғыл сары, жылдам жүгіретін, салмақты дуадақтар отрядына жататын ірі құс.*

**ҚОЗЫГҮЛ** з а т. ө с. <лат. primula> *Кішірек шатырша келген гүлшоғырға орналасқан әдемі гүлі бар, қақыртатын дәрілік шөп ретінде де қолданылатын шөптесін өсімдік.*

**ҚОЗЫДАЙ[1]** с ы н. *Қозы тәрізді, қозы сияқты.*

**Қозыдай жамырасты**. *Улап-шулады, жарыса сөйлесті.* **Қозыдай көгендеді.** *Шетінен тізді, қаз-қатар байлап тастады.* **Қозыдай маңырап табысты.** *Шұрқырасып жолықты.* **Қозыдай шулады.** *Даң-дұң, у-шу болды.*

**ҚОЗЫДАЙ[2]** с ы н. ж е р г. *Қоламта тәрізді, қоламта сияқты, қоздай.*

**ҚОЗЫЖАРЫС** з а т. э т н. о й ы н. *Балалардың жарысып ойнайтын ойыны.*

**ҚОЗЫЖАУЫРЫН** з а т. ә с к. к ө н е. *Екі қырлы, ұшы жалпақ, пішіні қозы жауырынына ұқсас садақтың оғы.*

**Қозыжауырын жай**. ә с к. к ө н е. *Екі жарты шеңберді түйістіріп, түйенің жас қайысымен ораған, екі жақ серперін өгіздің жон терісінен бүрап ескен адырнамен тартып бекіткен садақ.* **Қозыжауырын жебе [оқ].** ә с к. к ө н е. *Пішіні қозы жауырынына ұқсас, ұшы болат, жалпақ жебе, оқ.* **Қозыжауырын [қу] жебе.** к ө н е. э т н. *Қозыжауырын (жалпақ болат оқ).*

**ҚОЗЫЖЕГІШ** с ы н. *Қозыны көтеріп алып кететін (бүркіт туралы).*

**ҚОЗЫКЕШ** з а т. э т н. ә с к. к ө н е. *Ертедегі оқпаны үлкен, атқан оғы алысқа жететін пілтелі мылтықтың бір түрі.*

**ҚОЗЫКӨШ: қозыкөш жер.** э т н. х а л ы қ т ы қ  ө л ш е м. *Тым шалғай емес, тез көшіп жететіндей жер.*

**ҚОЗЫКҮРЕҢ** с ы н. *Күрең қозы түстес.*

**ҚОЗЫҚА** з а т. з о о л. *Бұғының төлі.*

**ҚОЗЫҚАНА** з а т. з о о л. *Арқардың төлі, қозысы.*

**ҚОЗЫҚАРЫН[1]** з а т. ө с. <лат. lactarius resimus> *Шатыршасы сарғылтым, қайыңды орманда көп өсетін, иісі ұнамды, сөлі ақ, дәні қатқылдау келген, тұздап тамаққа қосатын саңырауқұлақ түрі.*

**ҚОЗЫҚАРЫН[2]** с ы н. **1.** *Қарны үлкен емес, бұлтиған (адам).* **2.** *Көлемі кішкене, шәкене.* **3.** а у ы с. *Жас, балауса.*

**ҚОЗЫ-ҚОПСЫ** з а т. *Қозы-лақ аралас ұсақ мал.*

**ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ** з а т. ө с. <лат. agaricus> *Агарикалар қатарына жататын қалпақшалы діңгекті саңырауқұлақ туысы.*

**Қозықұйрық домбыра.** э т н. *Шанағы қозының құйрығындай домаланып келген домбыра.* **Қозықұйрық ер.** э т н. *Артқы қасы жалпақ, атығы жайпақ келген, пошымы саңырау-құлаққа ұқсас, өзі жеңіл, асыл тастармен, күміспен әшекейленген ер.* **Қозықұйрық қылды.** *Діңкесін құртты, сілелетті.*

**ҚОЗЫҚҰЙРЫҚТАЙ** с ы н. **1.** *Қозықұйрық тәрізді, қозықұйрық сияқты.* **2.** а у ы с. *Көп, мол.*

**ҚОЗЫҚҰЛАҚ** з а т. ө с. <лат. trichochiton> *Жапырақтары ұшбұрышты, сопақша келген, гүлшоғы сыпыртқыға топтанған, ерінгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ҚОЗЫҚҰЛАҚТАН=** е т. *Жапырақ шығару, жапырақтану.*

**ҚОЗЫҚҰЛАҚТАНУ** *Қозықұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗЫҚҰМАЙ** з а т. з о о л. <лат. gypaetus barbatus> *Басы мен бауыры боз, сарғылт, арқасы қара, қанатының жайғандағы ұзындығы 2,7 м-дей, салмағы 5,5-6,5 кг шамасындағы тау құздарын мекендейтін ірі жыртқыш құс.*

**ҚОЗЫЛА=** е т. с ө й л. *Қой төлдеу, қоздау.*

**ҚОЗЫ-ЛАҚ** з а т. *Қой мен ешкі малының төлі.*

**ҚОЗЫ-ЛАҚТАЙ** с ы н. *Қозы-лақ тәрізді, қозы-лақ сияқты.*

**Қозы-лақтай ойнақтады.** *Алаңсыз, бейқам күн кешті.*

**ҚОЗЫЛАТ=** е т. *Қойды төлдету.*

**ҚОЗЫЛАТУ** *Қозылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗЫЛАУ** *Қозыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЗЫЛЫ** с ы н. *Соңына қозы ілескен, қозысы бар (қой).*

**ҚОЗЫЛЫҚ** с ы н. *Бір қозыға татырлық, шағын, азғана.*

**ҚОЗЫ-МОЗЫ** з а т. с ө й л. *Қозы-лақ аралас ұсақ мал.*

**ҚОЗЫР** қ ы т. з а т. *Қылмыскердің қолына салынатын кісен.*

**ҚОЗЫТАҢ** з а т. *Қысқа таң, жаздыгүнгі қысқа таң.*

**ҚОЗЫТҮС** з а т. *Жастық, балдәурен шақ.*

**ҚОЗЫОШАҒАН** з а т. ө с. ***Гүлкекіре*** (*егін арасында өсетін көк гүлді, ұрықтарының айдаршалары бар, тікенді арамшөп, малдың үстіне жабысатын көпжылдық өсімдік*).

**ҚОЗЫХАНА** з а т. э т н. к ә с. *Қозыларды ұстайтын, күтетін орын, жай.*

**ҚОЗЫШЫ** з а т. *Сақпаншы, қозы бағушы.*

**ҚОЗЫШЫЛЫҚ** з а т. *Қозы бағушылық, сақпаншылық.*

**ҚОЙ[1]** з а т. з о о л. <лат. ammon ovis aries> **1**. *Күйіс қайыратын ашатұяқты төрт түлік мал.* **2.** *Арқар тәріздес, тығыз жүнді, қуысмүйізділер тұқымдасына жататын жануар.*

**Қой асығындай.** *Кішкентай, қаршадай.* **Қой аузынан шөп алмайтын.** *Момын, жуас, үндемейтін.* **Қой ауру.** ж е р г. *Қарны үлкейіп, шермиіп, ішкені бойына жұқпай, шеке тамыры көгеріп тұратын балалар ауруы.* **Қой ауыл.** э т н. *Бір-екі үйлі адамдардың қой шөбі мол таулы жердегі қыстауы.* **Қой баққан қасқыр.** п о э т. *Аңқау елдің арамза, озбыр билеушісі.* **Қой бас жамбы**. э т н. *Қойдың басына ұқсас етіп құйылған жамбы.* **Қой басындай ділда.** э т н. ф о л ь к. *Қой басы көлеміндей алтын ақша.* **Қой басындай күміс**. э т н. ф о л ь к. *Құймасы әуелде қой басының түрінде құйылған, үлкен, кесек күміс.* **Қой боғындай қорғасын.** *Мылтықтың оғы туралы.* **Қой бір уақ келу.** э т н. *Күзге жуық қойдың күніне бір-ақ рет сауылуы.* **Қойға келген ешкідей.** ж е р г. *Жатырқау, жат көру.* **Қойға шапқан [тиген] бөрідей [аш бөрідей].** *Екі көзі қанталап, алақтап, жалақтап.* **Қойға шапқан қасқырдай.** *Қырып-жойып, тас-талқан қылу*

*туралы айтылады.* **Қойдан қоңыр [жылқыдан торы].** *Өте момын, жуас.* **Қойдың құйрығын қарға шаншып кетті.** *Қойға қасқыр шапты.* **Қойды үйту.** э т н. *Қойды сойған кезде терісін сыпырмастан отқа үйтіп, ас-мәзірге еттің сыртын терісімен қоса құйқа етіп дайындау.* **Қой жаю.** *Қой бағу.* **Қой жорға.** *Аса жай, майда жорға жүріс.* **Қой жылы.** а с т р. *Жылқы жылынан кейін, мешін жылынан бұрын келетін мүшел есебінің сегізінші жылы.* **Қой көз.** *Қоңыр түсті әдемі көз.* **Қой көзді.** *Қоңыр түсті әдемі көзі бар.* **Қой көз [көзді] жамбы.** э т н. *Үлкендігі қой көзіндей жамбы.* **Қой көмбе.** э т н. *Етті ешқандай су құймай, сойылған теріге салып, жер ошаққа көміп пісірген тағам.* **Қой қамаған қасқырдай.** *Ашкөздене, ашқарақтана, анталап.* **Қой қоздату.** к ә с. м а л ш а р. *Көктемгі төл алу науқанды кезеңі, шаруашылық қарекеті.* **Қой қоздату науқаны.** *Қойдың жаппай төлдеу уақыты.* **Қой қора.** *Қой жататын қора.* **Қой қотан.** *Қой түнейтін ашық қора.* **Қой қырқу.** м а л ш а р. *Қойдың жүнін қырықтықпен қырқып алу.* **Қоймен көзі шықты.** *Ұзақ уақыт қойшы болды, қой бақты.* **Қой мойын [мойынды].** *Қойдың мойнындай қысқа, жуан мойын.* **Қой мінезді.** *Қойдай жуас, мөп-момақан.* **Қой өрісіндей жер.** э т н. *Онша алыс емес (жер).* **Қой өсіру [қой өсіру шаруашылығы].** *Қойшаруашылық (малшаруашылығының қой өсірумен айналысатын бір саласы).* **Қой терісін жамылу.** *Бет пердесін бүркеу, жалғандыққа бару.* **Қой тоғыту.** к ә с. *Қойға қотыр түсірмеу және қотырдан емдеу үшін қолданылатын арнаулы шара.* **Қой толғақ.** *Жеңіл толғақ, жеңілінен келген, тез өткен толғақ.* **Қой торы.** *Қойға көп мінілген, өте жуас әрі шабан (ат).* **Қой тұяқ жамбы.** э т н. *Үлкендігі қой тұяғындай жамбы.* **Қой тісті.** *Уақ тісті.* **Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады.** *Тыныштық, бейбіт заман орнады.* **Қойы тауға жайылып жатты.** ж е р г. *Шаруасы сай, тұрмысы жақсы болды.* **Қой ішіндегі марқа.** *Өте жарамды, ерекше, артық деген мағынада.*

**ҚОЙ[2]** м о д. *«Болмайды екен» деген мағынадағы қыстырма сөз.*

**Қой болды**. *Басын бастап, істен нәтиже шықпады, аяқсыз қалды.*

**ҚОЙ[3]** ш ы л. *Бір нәрсенің, істің анық-айқындылығын, растығын күшейте көрсететін демеулік шылау.*

**ҚОЙ=** е т. **1.** *Қолындағы затты бір жерге орналастыру, түрғызу.* **2.** *Бір нәрсені тастау, істемеу.* **3.** *Тоқтату, доғару, тыйылу.* **4.** *Қалдыру, сақтау.* **5.** *Өсіріп жіберу.* **6.** *Бағалау, баға беру.* **7.** *Жерлеу, көму.*

**Қой әрі.** с ө й л. *Жә, тыныш, тек.* **Қой дейтін қожа, әй дейтін әже жоқ.** *Бетімен кеткен, жүгенсіз, тыйымы жоқ.* **Қойып жіберді [қалды].** *Періп қалды, ұрып жіберді, соқты.* **Қойып кетті.** а) *Басымен кірді, сүңгіді.* ә) *Кіріп барды, енді.* **Қойып кетті.** *Басымен кірді, сүңгіп кетті.* **Қоя берді.** *Жібере салды, босатып жіберді.* **Қоя қойды.** *Кілт тоқтатты, тына қалды.* **Қояр да коймай.** *Жанын қоймай, тыным таптырмай, жан алқымға алып.* **Қояр емес.** *Тынар емес, тоқтар емес.* **Қоя тұрды.** *Тоқтатты, кідірте тұрды.*

**ҚОЙАУЫЗ** з а т. ж е р г. *Тістеуік, шеге суырғыш.*

**ҚОЙБАЛДЫРҒАН** з а т. ө с. *Балдырғанның жіңішкелеу, уақ түрі.*

**ҚОЙБАС** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Ою-өрнек атауы.*

**ҚОЙБАТПАҚТАН=** е т. *Саз, лай болып батпақтану, езілген, ылжыраған батпақ басу.*

**ҚОЙБАЛЫҚ** з а т. з о о л. *Карп тұқымдасына жататын жырткыш балықтың уақтау келген бағалы бір түрі.*

**ҚОЙБАСТАР** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Киіз басуда шиге оралған киізді домалата теуіп отыратындарға қарама-қарсы тұрып киізді өзіне қарай сүйрейтін адам.*

**ҚОЙБАСТЫ** з а т. э т н. *Киіз басқанда істелетін салт, ырым.*

**ҚОЙБАСЫ** з а т. ж е р г. *Тақыр жер.*

**ҚОЙБҰРШАҚ** з а т. ө с. <лат. cicer arietinum> *Биіктігі 25-75 см-дей, маусым-шілде айларында гүлдейтін, тұқымы ақшыл сары, қара не қара қоңыр, бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық екпе өсімдік.*

**ҚОЙБҮЛДІРГЕН** з а т. ө с. <лат. saxatilis> **1.** *Биіктігі 20 см-дей, бұтасы жоқ, көк майса жерге өсетін жемісі қызыл, қышқылтым өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің топталып бітетін маржандай уақ, қызыл түсті жемісі.*

**ҚОЙҒАҚ** з а т. с ө й л. ***Қойқақ***.

**ҚОЙҒЫЗ=** е т. **1.** *Бір затты орналастыру, қойдыру.* **2.** *Тоқтатқызу, тыйғызу.*

**ҚОЙҒЫЗУ** *Қойғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҒЫЛА=** е т. **1.** *Бірнеше рет қойып-қойып жіберу, соққылау, төпелеу.* **2.** *Атқылау, лақтыру.*

**ҚОЙҒЫЛАС=** е т. *Бір-бірін қойып-қойып жіберу, соққылау.*

**ҚОЙҒЫЛАСУ** *Қойғылас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҒЫЛАУ** *Қойғыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Соққылау, төпелеу.* **2.** *Үсті-үстіне атқылау, лақтыру.*

**ҚОЙҒЫШТА=** е т. *Қойып-қойып жіберу, соққылау; қойғылау, жұдырықтау.*

**ҚОЙҒЫШТАУ** *Қойғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙДАЙ** с ы н. *Қой сияқты, қой тәрізді.*

**Қойдай бауыздады [қырды].** *Қан-жоса етті, жайратып салды.* **Қойдай бөріктірді.** *Үрей келтіріп, дүрлік-тірді, у-шу, азан-қазан қылды.* **Қойдай жосыды.** *Қызыл қанға батты, қойша қырылды, жусады.* **Қойдай жуас [момын].** *Қой аузынан шөп алмайтын, аса момақан.* **Қойдай жусатты.** *Дегенінше жатқызып-тұрғызып биледі.* **Қойдай иірді.** *Еркіне жібермеді, тырп етуге шамасын келтірмеді.* **Қойдай қоздады.** *Балалы болды, туды.* **Қойдай маңырады.** *Улап-шулады, абыр-сабыр болды, дүрлікті.* **Қойдай өңгертті.** *Жеңді, дегенін істетті, діттегеніне жетті.* **Қойдай өрді.** *Толып кетті, қаптады; шұбатыла, лек-легімен жөнелді.* **Қойдай тоғытты.** *Суға батырды, үйіріп айдап салды.* **Қойдай шулады**. а) *Азан-қазан, зар жылады, улап-шулады.* ә) *Жапа-тармағай жамырап сөйледі, даң-дұң етті.*

**ҚОЙДЫР=** е т. **1.** *Бір нәрсені орналастыру, қойғызу.* **2.** *Доғарткызу, тыйдыру.* **3.** а у ы с. *Тағайындау, белгілеу.*

**ҚОЙДЫРТ=** е т. **1.** *Орналастырту, қойғыздырту.* **2.** *Доғарту, тыйдырту.*

**ҚОЙДЫРТУ** *Қойдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙДЫРУ** *Қойдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қойғызу, орналастыру.* **2.** *Доғарткызу, тыйдыру.* **3.** а у ы с. *Тағайындау, белгілеу.*

**ҚОЙЕЛТІРІ** з а т. э т н. *Жүні қырқылып, боялған қой терісі.*

**ҚОЙ-ЕШКІ** з а т. *Күйіс қайыратын уақ малдың жалпы атауы, қой мен ешкі.*

**ҚОЙЖЕЛЕК** з а т. ө с. *Алабұталар тұқымдасына жататын қосжынысты, бір қарыстай биік өсетін, гүлжапырақтарында бес жапырақшалары өскен, қою шөптесін өсімдік.*

**ҚОЙЖЕЛКЕК** з а т. ө с. <лат. tragopogon> *Жапырағы қандауыр пішінді, бүтін жиекті, гүлі сары, ал қызыл, қос жынысты, себет гүлшоғына топтанған, күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОЙЖУА** з а т. ө с. <лат. allium rubens> **1.** *Қой аса сүйіп жейтін тау бөктерінде өсетін жабайы жуа.* **2.** *Биіктігі 10-25 см-дей, жапырағы таспа пішінді, бүтін жиекті, гүлі ал қызыл не қоңыр қызыл, лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОЙЖУСАН** з а т. ө с. ж е р г. *Ақжусаннан аласа, мыңжусаннан биік жусанның түрі.*

**ҚОЙКЕЗЕК** з а т. э т н. *Қойды кезектесіп бағу реті.*

**ҚОЙКЕМІРГЕН** з а т. ө с. <лат. artemisia> ***Құмжусан*** *(қоңырқай сарғыш сабақтары бар, жапырақтары екіге бөлінген құмды жерде өсетін жусанның түрі).*

**ҚОЙКЕНЕ** з а т. з о о л. *Қой денесіне жабысып, қанын соратын қан сорғыш кененің бір түрі.*

**ҚОЙКӨДЕ** з а т. ө с. *Көденің қой ұнатып жейтін майда түрі.*

**ҚОЙКӨЗДЕН=** с ы н. *Қойдың көзіне ұқсау, қоңыр көзді болу.*

**ҚОЙКӨЗДЕНУ** *Қойкөзден етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАЗАН** з а т. ж е р г. *Қой еті сыйып кететіндей көлемді қазан.*

**ҚОЙҚАҚ** е л і к. *Қойқаң, одыраң.*

**ҚОЙҚАҚ-ҚОЙҚАҚ: қойқақ-қойқақ етті**. *Қойқаң-қойқаң етті, қойқаңдады.*

**ҚОЙҚАҚТА=** е т. **1.** *Қойқаң-қойқаң ету, одыраңдау.* **2.** а у ы с. *Еркін басып жүру, кердеңдеу.*

**ҚОЙҚАҚТАТ=** е т. **1.** *Қойқаң-қойқаң еткізу, одыраңдату.* **2.** *Дандайсыту, еркінсіту.*

**ҚОЙҚАҚТАТУ** *Қойқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАҚТАУ** *Қойқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАЛАҚ** е л і к. с ө й л. ***Қойқаң***.

**ҚОЙҚАЛАҚТА=** е т. *Қойқалаң-қойқалаң ету, қойқаңдау.*

**ҚОЙҚАЛАҚТАУ** *Қойқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАЛАҢ** е л і к. *Қойқалаң-қойқалаң еткен қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ҚОЙҚАЛАҢДА=** е т. *Қойқалаң-қойқалаң ету, қисалаңдау.*

**ҚОЙҚАЛАҢДАУ** *Қойқалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАЛАҢ-ҚОЙҚАЛАҢ: қойқалаң-қойқалаң басты.** *Қойқаң-қойқаң жүрді, қисалаңдады.*

**ҚОЙҚАҢ** е л і к. *Қолапайсыз, одыраңдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ҚОЙҚАҢДА=** е т. **1.** *Екі жағына теңселе басу, қойқаң-қойқаң ету.* **2.** а у ы с. *Еркін жүру, кердеңдеу.*

**ҚОЙҚАҢДАТ=** е т. **1.** *Қойқаң-қойқаң еткізу.* **2.** а у ы с. *Еркінсіту, кердеңдету.*

**ҚОЙҚАҢДАТУ** *Қойқаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАҢДАУ** *Қойқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАҢ-ҚОЙҚАҢ** е л і к. *Қойқақ-қойқақ, одыраң-одыраң еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қойқаң-қойқаң етті**. *Қойқаңдады, қойқақтады.*

**ҚОЙҚАП** з а т. м и ф. *Бақсылардың жыны жайлайтын мекен.*

**ҚОЙҚАПТА=** е т. *Жынын шақыру.*

**ҚОЙҚАПТАУ** *Қойқапта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙҚАРАҚАТ** з а т. ө с. **1.** *Ылғалды тау орманында өсетін, жапырақтары кезектесіп орналасқан, тікенекті, гүлдері шоқталып келген бұталы өсімдік; қарақаттың бір түрі, аюқарақат.* **2.** *Осы бұтада өсетін, домалақ келген, уақ, мойылдай қара түсті жеміс.*

**ҚОЙҚАРАНЖЫ** з а т. ө с. *Далалы жерде өсетін дәрі шөп.*

**ҚОЙ-ҚОЗЫ** з а т. *Қой және оның төлі, қой мен қозы.*

**ҚОЙ-ҚОЗЫДАЙ** с ы н. *Қой-қозы тәрізді.*

**ҚОЙ-ҚОЙЛА=** е т. с ө й л. *Қой-қой деу, тыныштандыру; сабырға, тоқтамға шақыру.*

**ҚОЙ-ҚОЙЛАУ** *Қой-қойла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙ-ҚОЙЛАС=** е т. *Сабырға шақырысу, тоқтам айтысу.*

**ҚОЙ-ҚОЙЛАСУ** *Қой-қойлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙ-ҚОЛАҢ** з а т. *Қоймен аралас, ұсақ мал.*

**ҚОЙҚОСАҚ** з а т. **1.** э т н. *Қой қосақтау үшін керілетін арқан.* **2.** ж е р г. ***Кемпірқосақ***.

**ҚОЙҚҰЛАҚ** з а т. ө с. <plantago minuta> *Қазақстанның барлық жерінде кездесетін биіктігі жарты метрден асатын, сабағының ұшар басында шатыршагүл тәрізді келген қою масағы бар бұталы өсімдік.*

**ҚОЙҚҰРТ** зат. этн. *Шуалшын (құрт) бейнелі қалып, зергердің қасиетті құралы.*

**ҚОЙҚЫЗҒАЛДАҚ** зат. өс. *Түрі қара, қызыл тау қызғалдағы.*

**ҚОЙҚЫН** зат. *Жуан жіптен тоқылған қалың мата.*

**ҚОЙҚЫНДАЙ** сын. *Қойқын сияқты, қойқын тәрізді.*

**ҚОЙҚЫНКӨК** зат. *Екі жағына теңселе басатын, кердең жүрісті қаракөк немесе көк бурыл ат.*

**ҚОЙҚЫРҚЫМ** зат. этн. *Қой жүнін қырқатын науқан, қырықтық.*

**ҚОЙЛАҚ** зат. этн. *Қойдың асығы.*

**ҚОЙЛАН=** ет. *Қойы көп болу, қойлы болу.*

**ҚОЙЛАНУ** *Қойлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЛЫ** сын. *Қойы бар, қойы көп.*

**ҚОЙЛЫҚ** сын. **1.** *Қойдың құнына тұрарлық.* **2.** *Қой сиярлық, қойға арналған.* **3.** *Қойға тән, белгі, сипат, ерекшелік.* **4.** *Қойға татитын.*

**ҚОЙМА** зат. **1.** *Өндірістік тауарлар мен материалдарды, ауылшаруашылық өнімдерін т.б. сақтауға арналған орын.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің өте көп, мол сақталған жері, қор.* **3.** ауыс. *Жиналған қымбат дүние, қазына байлық.* **4.** ауыс. *Құпия, бүкпе, жасырын сыр.*

**Қойма алаңы.** *Қойма орналасқан жер.* **Қойма зиянкестері.** ауылшар. *Астық және астық өнімдерін зақымдайтын омыртқасыз жәндіктер, құстар, кеміргіштер т.б.*

**ҚОЙМАДАЙ** сын. *Қойма сияқты, қойма тәрізді.*

**ҚОЙМАЙ-ҚОЙМАЙ** үст. *Үздіксіз, тоқтамай.*

**ҚОЙМА-ҚОЙМАЛА=** ет. *Қойма-қойма деп айқайлау.*

**ҚОЙМА-ҚОЙМАЛАУ** *Қойма-қоймала етістігінің қимыл атауы*

**ҚОЙМАЛАН=** ет. *Бір нәрсенің жиналып, көп сақталынуы.*

**Қоймаланған кен.** геол. *Тазартып қазып алу барысында қазба кеңістігіне жиналған кен.*

**ҚОЙМАЛАНУ** *Қоймалан етістігінің қимыл атауы*

**ҚОЙМАЛЖУ** *Қоймалжы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙМАЛЖЫ=** ет. *Қоймалжың тарту, қойылу.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢ** сын. *Қойыртпақтанған, қоюлау.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢДА=** ет. *Қоймалжың ету, қою қылу.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢДАН=** ет. *Қоймалжың тарту, қойыртпақтану, қоюлану.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢДАНУ** *Қоймалжыңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢДАУ** сын. *Қойыртпақтау, қоюлау.*

**ҚОЙМАЛЖЫҢДЫ** сын. сөйл. ***Қоймалжың.***

**ҚОЙМАЛЫ** сын. *Қоймасы бар, қоймаға толы.*

**ҚОЙМАЛЫҚ** сын. *Қоймаға арналған, қойма болуға тұрарлық.*

**ҚОЙМАҢДАЙ** зат. *Құлама құз тастар.*

**ҚОЙМАҢДАЙТАС** зат. геол. *Мұздық әсерінен әбден тегістелген, тұтас жатқан тау жыныстарының жартасты кемері.*

**ҚОЙМА-САРАЙ** зат. *Қазына-мүлік, қымбат дүние сақтау үшін әдейі жасалған кең үй, сарай.*

**ҚОЙМАШЫ** зат. *Қойма ұстаушы, қойма жұмысшысы.*

**ҚОЙМАШЫЛЫҚ** сын. *Қойма үшін жауап беретін.* // *Қоймашы.*

**ҚОЙМҮРЕТ** сын. жерг. *Момын, қой аузынан шөп алмас.*

**ҚОЙМЫРЕТ** сын. сөйл. ***Қоймүрет.***

**ҚОЙ-МОЙ** зат. сөйл. *Қой және сол сияқты ұсақ мал.*

**ҚОЙНАУ** зат. **1.** *Жан-жағы биік тау немесе қырат, жоталармен қоршалған жазық алқап.* **2.** *Теңіз, көл қоймасының құрлыққа ілгерілей еніп жатқан, дауыл мен толқын болмайтын шағын бөлігі.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің іші, ортасы.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің қойны, құшағы.*

**Қойнаулар таужынысы.** геол. *Жер қыртысының қойнауларында қалыптасқан таужыныс.*

**ҚОЙНАУДАЙ** сын. *Қойнау тәрізді, қойнау сияқты.*

**ҚОЙНАУ-ЖҮРЕКШЕ: қойнау-жүрекше түйіні.** анат. <лат. nodus sinoatrialis> *Жүректің оң құлақшасы мен алдыңғы (адамдарда – жоғарғы) қуыс көк тамыр аралығындағы шекаралық сай тұсында орналасқан, жүректің өткізгіш жүйесін қорғауға қатысатын бөлшек.*

**ҚОЙНАУ-ЖЫҚПЫЛ** зат. *Аңғар, ұңғыл-шұңғыл, құпиясы мол, иірім қойнау.*

**ҚОЙНАУҚАТ** зат. геол. *Шөгінді және метаморфтық таужыныстар мен кендер қабаттары.*

**ҚОЙНАУ-ҚАТПАР** зат. *Таулы өңірде көп кездесетін қуыс қасаттар мен қатпар-қатпар болып жататын тастар, тас үңгірлер.*

**ҚОЙНАУ-ҚОБЫ** зат. *Қойнау, қырат, иірімді жер.*

**ҚОЙНАУ-ҚОЙМА** зат. *Таулы аймақтың қойнау-қастықтары мен су тоқтап қалған не кен байлығы шоғырланған қоймалары.*

**ҚОЙНАУ-ҚОЛАТ** зат. *Ойлы-қырлы, сай-салалы жер, шөптесінді, шөбі өсіңкі жер, шүйгінді, құнарлы алқап.*

**ҚОЙНАУ-ҚОЛТЫҚ** зат. *Таулы өлкеде жиі кездесетін қойнаулы, ойпаңды, сайлы жерлер.*

**ҚОЙНАУЛАЙ** үст. *Кіріге, сұғына, бойлай.*

**ҚОЙНАУЛАП** үст. *Қойнау бойын қуалап, сұғынып.*

**ҚОЙНАУЛАС=** ет. *Бірлесу, шендесу, бір-бірімен байланысу.*

**ҚОЙНАУЛАСУ** *Қойнаулас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙНАУЛЫ** сын. *Қойнауы мол; сай-салалы.*

**ҚОЙНАУЛЫҚ** сын. геол. *Бастапқы, эндогендік.*

**ҚОЙНАУША** үст. *Кішігірім аңғар, алқапша.*

**ҚОЙНАУЫТТАУ** сын. *Қойнау тәрізді, соған сәл ұқсас.*

**ҚОЙНАУ-ҚОНЫШ** зат. **1.** *Адам бойындағы бір нәрсе салуға болатын қуыстар мен қалталар.* **2.** ауыс. *Жер бетіндегі тау-тас, жыра-жылға, ой-шұңқыр, үңгір-ұра т.б. қат-қабат қойнаулар.*

**ҚОЙОТЫ** зат. өс. <лат. poterium> ***Қарабасшөп*** *(Сабалақ жемісті қою гүлшоғы-рына жасылдау ұсақ гүлдері топтасып өскен, қысқа жапырағы мен ұрығы бар жалаңаштау келген өсімдік).*

**Қойоты қарабасшөбі.** өс. <лат. poterium polygamum> *Қарабасшөп туысына жататын өсімдіктің бір түрі.*

**ҚОЙПАЛАҚ** сын. жерг. *Бос, болбыр.*

**ҚОЙПАЛАҢДА=** ет. *Атүсті, асығыс-үсігіс қимылдау.*

**ҚОЙПАЛАҢДАУ** *Қойпалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙ-ПОЙ** зат. сөйл. ***Қой-мой.***

**ҚОЙСЫЗ** сын. *Қойы жоқ, ұсақ малсыз.*

**ҚОЙТАН** зат. зоол. *Балықтың түрі.*

**ҚОЙТАҢДА=** ет. *Қойқаң-қойқаң етіп, арбаңдау.*

**ҚОЙТАҢДАУ** *Қойтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙТАҢ-ҚОЙТАҢ: қойтаң-қойтаң етті.** *Селтеңдеу, арбаңдау.*

**ҚОЙТАС** зат. **1.** *Қойдың үлкендігіндей ірі кесек тас.* **2.** этн. жерг. *Қабірдің басына қойылатын белгі тас.*

**ҚОЙТЕБІН** зат. этн. *Қой, ешкінің қыста қар жауған соң тебіндеп жайылатын өрісі.*

**ҚОЙТЕНТЕК** зат. вет. ***Айналма***[2] *(малдың кеселі).*

**ҚОЙТ-ҚОЙТ** елік. *Екі қошқарды не текені бір-бірімен сүзістіру үшін айтылатын ишарат сөз.*

**ҚОЙТ-ҚОЙТТА=** ет. **1.** *Қойт-қойт деу, сүзістіру.* **2.** ауыс. *Біреуді біреуге айдап салу, ерегестіру, өшіктіру.*

**ҚОЙТ-ҚОЙТТАУ** *Қойт-қойтта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙТОРЫ** сын. *Жуас, момын, бейуаз.*

**ҚОЙТҰТҚЫ** зат. кәс. малшар. *Қойды артқы аяғына іліп ұстауға арналған шопан құралы.*

**ҚОЙТҰЯҚ** зат. этн. **1.** *Көлемі мен пішіні қойдың тұяғына ұқсатылып құйылған алтын немесе күміс.* **2.** зерг. *Қой тұяғын тұспалдайтын өрнек.*

**ҚОЙ-ТҰЯҚ** зат. *Төрт түлік малдың ішіндегі қойлар мен тұяқты саналатын уақ малдан – ешкі, ірі малдан – сиыр малдары.*

**ҚОЙША** үст. *Қой сияқты, қой тәрізді.*

**Қойша бауыздады [қырды].** *Қырып-жойды, өлтірді.* **Қойша жамырады [маңырады].** *Жанжақтан шулады, у-ду болды.* **Қойша жусап тыңдады.** *Иманіп, жасқана құлақ түрді.* **Қойша иірді.** *Дегеніне көндірді, айтқанын істетті.* **Қойша қосақтады [айдады].** *Дегеніне көндірді, биледі.* **Қойша үймеледі [ұйлықты].** *Топырлады, шоғырланды.*

**ҚОЙШАҒЫР** зат. этн. көне. *Білтелі мылтықтың оқпаны үлкен, көбінесе қамал қабырғаларын бұзуға қолданылған ауыр түрі.*

**ҚОЙШАРУАШЫЛЫҒЫ** зат. малшар. *Тамақ өнеркәсібі мен жеңіл өнеркәсіп үшін ет, май, сүт, жүн, тері, елтірі сияқты аса бағалы өніммен қамтамасыз ететін малшаруашылығының негізгі саласы.*

**ҚОЙШЫ** зат. *Қой бағатын кісі, шопан.*

**Қойшы иті.** *Қой бағуға арнайы үйретілген ит.* **Қойшы таяғын ұстады.** *Қойшылық жолын қуды, кәсіп етті.*

**ҚОЙШЫДАЙ** сын. *Қойшы сияқты, қойшы тәрізді.*

**ҚОЙШЫКЕШ** сын. *Қойшыға ұқсас, қылығы мен мінезі қойшы іспетті жас.*

**ҚОЙШЫ-ҚОЙМАЖ** зат. сөйл. ***Қойшы-малшы.***

**ҚОЙШЫ-ҚОЙМАНШЫ** зат. жерг. *Қойшы-малшы.*

**ҚОЙШЫ-ҚОЙМАШЫ** зат. *Қой бағатын адамдардың және қойма ұстайтын адамдардың жалпылама атауы.*

**ҚОЙШЫ-ҚОЛАҢ** зат. *Малшы-жалшы.*

**ҚОЙШЫЛА=** ет. сөйл. *Қойшы-қойшы деп айту.*

**ҚОЙШЫЛАУ** *Қойшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙШЫЛЫҚ** зат. *Шопандық, қой бағушылық.*

**ҚОЙШЫ-МАЛШЫ** зат. *Бақташы, малшы, мал бағатын, соның құрамындағы жандар.*

**ҚОЙШЫСЫЗ** сын. *Қойшы ермеген, қойшысы жоқ.*

**ҚОЙЫЛ[1]=** ет. **1.** *Қоюлану, қоймалжың тарту.* **2.** *Қараңғылана түсу, күшею.*

**ҚОЙЫЛ[2]=** ет. **1.** *Затты бір жерге қалдыру, орналастыру.* **2.** *Қалдыру, сақталу.* **3.** ауыс. *Жерлену, көмілу.*

**ҚОЙЫЛТ=** ет. **1.** *Қоюландыру, қою ету.* **2.** *Қараңғылату, қараңғылықты үдету.*

**Қойылтқан сүт.** тамақ. *Қайнату арқылы құрамындағы судың біраз бөлігінен арылтылған сүттен дайындалатын тағам.*

**ҚОЙЫЛТҚЫШ** зат. тех. *Қатты бөлшектерді тұндырып, сұйықтықтан ажырататын цилиндр бітімді сұйыққойма.*

**ҚОЙЫЛТПА** зат. хим. *Қойытылған будың сұйыққа айналуы.*

**ҚОЙЫЛТУ** *Қойылт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫЛТЫЛ=** ет. сөйл. ***Қойылт.***

**ҚОЙЫЛТЫЛУ** *Қойылтыл етістігінің қимыл атауы*

**ҚОЙЫЛУ**[1] *Қойыл*[1] *етістігінің қимыл атауы; қоюлану, қоймалжың тарту.*

**ҚОЙЫЛУ**[2] *Қойыл*[2] *етістігінің қимыл атауы; затты бір жерге қалдыру.*

**ҚОЙЫЛЫМ** зат. өнер. **1.** *Театр, теледидарларда көрсетілетін спектакль, ойын-сауық т.б. көріністер.* **2.** *Көрмеде қойылатын заттарды реттеп орналастыру.*

**ҚОЙЫЛЫС** зат. *Жолға қою, тәртіпке түсіру мәселесі.*

**ҚОЙЫМШЫЛЫҚ** зат. этн. жерг. *Моласы көп жер, қорым.*

**ҚОЙЫН** зат. **1.** *Үстідегі киімнің кеуде тұстағы ішкі жағы.* **2.** *Кең құшақ.* **3.** ауыс. *Жер бедеріндегі қалтарыс, қойнау.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің іші, ортасы.*

**Қойнына алды.** а) *Қасына алып жатты, жанына жатқызды.* ә) *Көңілдес болды, ашына болды.* **Қойнына барды [енді].** *Әйелдің төсегіне барды, жақындасып қойды.* **Қойнына жылан салып жібергендей ыршыды.** *Шоршып түсті, қатты тіксінді.* **Қойнынан бөзі, аузынан сөзі түскен.** *Болбыр, бос, жуас.* **Қойнына салды.** *Біреудің баласын бауырына басты, бақты.* **Қойнын ашты.** *Құшақ жайып қарсы алды, жылы қабылдады.* **Қойнында ойнақ салу.** *Еркелеу, еркінсу.* **Қойнын құтты қылсын.** тілек. *Отбасын құрған жастарға айтылатын тілек.* **Қойның құр жатпасын.** тілек. *Көп балалы бол деген мағынадағы тілек.* **Қойнына шайтан кірді.** *Алдамшыға ерді, әзәзілдің жетегінде кетті.* **Қойнына тас тықты.** *Өштесті, арамдық, қастық ойлады.* **Қойын кітапша.** сөйл. *Қойын дәптер.*

**ҚОЙЫНДАС=** ет. **1.** *Құшақтасып бірге жату, бір төсекте жату.* **2.** ауыс. *Қатты араласу, ауыс-түйісі бір болу.* **3.** ауыс. *Ұласу, астасу.* **4.** ауыс. *Бірігу, араласу, байланысу.*

**ҚОЙЫНДАСТЫР=** ет. *Етене байланыстыру, астастыру, біріктіру.*

**ҚОЙЫНДАСТЫРУ** *Қойындастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫНДАСУ** *Қойындас етістігінің қимыл атауы; тұтасу.*

**ҚОЙЫНДӘПТЕР** зат. *Қойын қалтаға салып жүретін шағын кітапша дәптер.*

**ҚОЙЫНДЫ** (ағыл. Tab). зат. инф. *Жазу кітапшасындағы бетбелгіге ұқсайтын және тілқатысу терезесінің әртүрлі параметрлер жиындарының арасында жылжуды қамтамасыз ететін бөлік.*

**ҚОЙЫНҚАЛТА** зат. *Төсқалта; сырткиімдердің омырау тұсына, ішінен салынған қалта.*

**ҚОЙЫН-ҚОЙНАУ** зат. *Таулы, адырлы, бедерлі жер бетінің ара-арасы, сай-саласы.*

**ҚОЙЫН-ҚОЛТЫҚ**[1] зат. **1.** *Адамның қолы қусырылатын ішкі жағы мен қолдың төспен ұштасқан ішкі жағы.* **2.** *Киімнің кеудешесі мен екі қолтығының арасы, өне бойы.* **3.** ауыс. *Таудың ішкі бөліктері.*

**Қойын-қолтығына кірді.** *Іші-бауырына енді, етене жақын болды.*

**ҚОЙЫН-ҚОЛТЫҚ**[2] үст. сөйл. ***Қоян-қолтық.***

**ҚОЙЫН-ҚОНЫШ** зат. **1.** *Үстіге киген киімнің іші, қойын.* **2.** ауыс. *Қойнауы, іші (таудың, жердің т.б.).*

**Қойны-қонышына кірді**. а) *Желдің, қарлы боранның соғып, киген киімнің ішін кеулеуі.* ә) *Жалпақтап, асты-үстіне түсті, жағымпазданды.* **Қойын-қонышына қол жүгіртті**. *Өне бойын қолымен тінтті.* **Қойны-қонышына тықты.** *Барлық қалта-құлтасын лық толтырды.* **Қойын-қонышы толды.** *Әбден толды, өте көп.*

**ҚОЙЫН-ҚҰЛАШ** зат. сөйл. ***Қойын-қолтық.***

**ҚОЙЫП-ҚОЙЫП: қойып-қойып жіберді [қалды].** *Ұрып-ұрып жіберді, періп-періп қалды.* **Қойып-қойып кетті.** *Тез, шапшаң қимылдады, суға күмп-күмп берді.*

**ҚОЙЫРТПАҚ** зат. этн. тамақ. **1.** *Қатыққа, айранға, қымызға, ішетін іркітке сүт немесе су қосып, торсыққа құйып, қанжығаға байлап, далада ішетін ақ, сұйық айран.* **2.** *Сұйық заттың түбіндегі қоюы, шөгіндісі.* **3.** *Енді қата бастаған су беті.* **4.** сушар. *Ағынның гидравликалық заңдылықтарын грунтты тасымалдау мақсатында пайдаланатын, жасанды түрдегі грунт бөлшектерінен түзілген су қоспасы.* **5.** ауыс. *Бір нәрсемен екінші бір нәрсенің жөнсіз араласуы; қоспа, былық.*

**Қойыртпақ тіл**. *Бөгде тілдің элементтері жөнсіз араластырылған сөйлеу тілі.*

**ҚОЙЫРТПАҚТА=** ет. **1.** *Әр нәрсені араластыру, шатпақтау.* **2.** *Бүлдіру, былықтыру.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАЛ=** ет. *Араласу, баттасу.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАЛУ** *Қойыртпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАН=** ет. **1.** *Қойыртпақ күйге айналу.* **2.** *Қоюлану, қалыңдау.* **3.** *Су бетінің тоңазуы, мұзға айнала бастауы.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАНУ** *Қойыртпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАУ**[1] сын. *Шатпақтау, былығып араласып кеткен.*

**ҚОЙЫРТПАҚТАУ**[2] *Қойыртпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫС=** ет. **1.** *Бір нәрсені, біреуді жабыла көтеріп, бірге жерге түсірісу, орнықтырысу.* **2.** *Негізгі етістікке тіркесіп, бірлескен іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді.* **3.** *Жерлеу, көмісу.*

**ҚОЙЫСУ** *Қойыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЙЫТЫЛ=** ет. *Қоюландыру, қою күйге түсірілу.*

**ҚОЙЫТЫЛУ** *Қойытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚ**[1] зат. *Қопалы жерде болатын қоғалы, қамысты, шөптесін, ну.*

**ҚОҚ**[2]**: қоқ етпейді.** сөйл. а) *Абыржымайды, саспайды.* ә) *Түк білмейді, сауатсыз, ілім-білімнен хабары жоқ.*

**ҚОҚАЙ** зат. сөйл. ***Құқай.***

**Қоқай көрсетті.** *Дікеңдеп, шаптығып, қорқытып, үркітті.*

**ҚОҚАЙ=** ет. **1.** *Аяздан серейіп қатып қалу, қақию.* **2.** *Сораю, сойдию.* **3.** *Тып-тұзу, тіп-тік қалыпта жүру немесе отыру.* **4.** *Қоқыраю, қодыраю.*

**ҚОҚАЙЛАН=** ет. *Қодыраңдау, едіреңдеу; қыр көрсету.*

**ҚОҚАЙЛАНУ** *Қоқайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАЙМА** сын. **1.** *Қоқайған, қодырайған, қоқима.* **2.** *Қоқиған, сорайған.*

**ҚОҚАЙМАЛЫ** сын. *Қоқайғаны бар, қоқималы.*

**ҚОҚАЙ-НОҚАЙ** сын. *Ештеңеге икемі жоқ, еш нәрсенің мән-жайын түсіне қоймайтын ессіз адам.*

**ҚОҚАЙТ=** ет. *Қоқиту, ебедейсіз, шошайту.*

**ҚОҚАЙТУ** *Қоқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАҚ** зат. экспр. *Қодырaң, қоқаң.*

**ҚОҚАҚТА=** ет. **1.** *Шоқалаңдау, теңселу, әрлі-берлі қозғалу.* **2. ауыс.** *Едіреңдеу, қоқаңдау.*

**ҚОҚАҚТАТ=** ет. *Қоқаңдату, едіреңдету.*

**ҚОҚАҚТАТУ** *Қоқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАҚТАУ** *Қоқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАЛАҚ** зат. *Дүрбелең, қозғалыс, наразылық.*

**ҚОҚАЛАҚТА=** ет. **1.** *Тыныш отыра (тұра) алмау, қозғалу.* **2.** *Қоқаң-қоқаң ету, шоқаңдау.*

**ҚОҚАЛАҚТАТ=** ет. **1**. *Селкілдету, теңселту.* **2.** ауыс. *Мазалай беру, мазасын алу; шошаңдату.*

**ҚОҚАЛАҚТАТУ** *Қоқалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАЛАҚТАУ** *Қоқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАН**[1]**: қоқан ақша.** көне. тар. *Ертедегі Қоқан хандығында шығарылған ақша.*

**Қоқан арба.** көне. *О баста Қоқан шаһарында шыққан үлкен қос доңғалақты жеңіл арба.* **Қоқан бөрік.** этн. *Бұрынғы Қоқан шаһары тұрғындары киген бөрік.* **Қоқан ер.** этн. *Ердің қасы шошақ болып келетін түрі.*

**ҚОҚАН**[2] зат. жерг. *Үлкен балықтарды тізіп қоятын арқан.*

**ҚОҚАНЖҰЛЫС** зат. жерг. *Дода, топ.*

**ҚОҚАН-ЛОҚЫ** зат. *Құр қоқаң; қорқыт-қандық, үркіткендік.*

**Қоқан-лоқы жасады [қылды].** *Зәресін кетірді, сырттай шошытты, үркітті, сес көрсетті.* **Қоқан-лоқы көрсетті.** *Қоқаңдады, күш көрсетті.*

**ҚОҚАН-ЛОҚЫЛЫҚ** зат. *Қорқытушылық, құр үркітушілік; бос қыр көрсетушілік.*

**ҚОҚАҢ** зат. *Қодыраң, едірең.*

**Қоқаң қақты.** *Едіреңдеді, қодыраңдады.*

**ҚОҚАҢДА=** ет. **1.** *Қоқаң-қоқаң ету, қопаңдау.* **2.** ауыс. *Сес көрсету, едіреңдеу; күш көрсету.*

**ҚОҚАҢДАС=** ет. *Кіжінісу, сес, айбат көрсетісу.*

**ҚОҚАҢДАСУ** *Қоқаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАҢДАТ=** ет. *Едіреңдету, қодыраңдату.*

**ҚОҚАҢДАТУ** *Қоқаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАҢДАУ** *Қоқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚАҢДАУШЫЛЫҚ** зат. жағымсыз. *Сес көрсету, үрейлендіру, қорқыту.*

**ҚОҚАҢ-ҚОҚАҢ** елік. *Қопаң-қопаң, шоқаң-шоқаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қоқаң-қоқаң етті.** а) *Қопаң-қопаң етті, шоқаңдады.* ә) *Қодыраңдап, сес көрсетті.*

**ҚОҚАҢ-СОҚАҢ** зат. *Жаман қылық, қулық, арамдық.*

**ҚОҚАЮ** *Қоқай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚИ: қоқиды көрді.** *Көресіні көрді, қиянат шекті.*

**ҚОҚИ=** ет. **1.** *Қоқаю, дөңкию.* **2.** ауыс. *Қодыраю, едірею; қораздану.*

**ҚОҚИҚАЗ** зат. зоол. <лат. phoenicopterus roseus> *Қырлы төсті құстар тармағына, қоқиқаздар тобына кіретін, мойны мен сирағы ұзын, имек тұмсықты, қауырсыны ашық қызғылтым сұрғылт қоңыр болып келетін жыл құсы.*

**ҚОҚИЛАН=** ет. *Қыр көрсету, қодыраңдау, едіреңдеу; қораздану.*

**ҚОҚИЛАНУ** *Қоқилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚИМА** сын. *Қоқайған, қодырайған (баскиім).*

**Қоқима бөрік.** этн. *Төбесі ұшкір, үш бұрыштап тігілген бөрік.*

**ҚОҚИТ=** ет. **1.** *Қоқайту, дөңкиту.* **2.** ауыс. *Үлкейту, зорайту, әлдеқандай ету.*

**ҚОҚИТУ** *Қоқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚИЮ** *Қоқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚСУ** *Қоқсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚСЫ=** ет. **1.** *Ыбырсу, шашылу.* **2.** *Шіру, не жоқтының бәрі табылу, былығу.* **3.** ауыс. *Былығы ашылу, абыройы төгілу.* **4.** ауыс. *Бықсу, көбею, өсек еру.*

**ҚОҚСЫҚ** зат. **1.** *Ескі-құсқы заттар, қыл-қыбыр, қоқыр-соқыр нәрселер.* **2.** ауыс. *Мәнсіз, керексіз ой, пікір.*

**ҚОҚСЫҚ-БЫҚСЫҚ** зат. *Өмір-тіршілікке қажеті жоқ, жарамсыз, тозығы жеткен қоқтық-соқтық, бір жерге үйіліп бықсып, іріп-шіріп жатқан заттар.*

**ҚОҚСЫП-БЫҚСЫ=** ет. *Тозығы жетіп, жарамсыз болған, әр жерде шашылып, бас-аяғы араласып, бықсып жату.*

**ҚОҚСЫП-БЫҚСУ** *Қоқсып-бықсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚСЫТ=** ет. **1.** *Ыбырсыту, былықтыру.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені бықсытып айту, өтіп кеткен әңгіменің ұшығын қайта шығару.*

**ҚОҚСЫТУ** *Қоқсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚТА** зат. *Қоқыр-соқыр, қоқырсық, қоқсық.*

**ҚОҚТАЛАН=** ет. *Қоқыр-соқырға толу, бітелу, былғану.*

**ҚОҚТАЛАНУ** *Қоқталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚТАЛЫ** сын. сөйл. *Қоқтасы бар, қоқтасы көп.*

**ҚОҚТЫ** зат. *Өзен, көл бойларындағы бұта, қамыс, құрақ қалың өскен жынысты, пана боларлық жер.*

**ҚОҚТЫҚ** зат. *Сыпырынды зат, ескі-құсқы үйінді, қоқсық.*

**ҚОҚТЫҚ-СОҚТЫҚ** зат. *Қоқыр-соқыр, ескі-құсқы, қоқыс.*

**ҚОҚТЫЛЫ** сын. *Қоқтысы бар, қоқтысы көп.*

**ҚОҚУ** *Қоқы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚШИ=** ет. *Қақию, қақшию, қаздию.*

**ҚОҚШИТ=** ет. *Қақиту, қаздиту.*

**ҚОҚШИТУ** *Қоқшит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚШИЮ** *Қоқши етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫ=** ет. жерг. **1.** ***Қоқсы.*** **2.** ауыс. *Асып-сасу, қашып-пысу, қорқу.*

**ҚОҚЫЛ** зат. *Құстардың қоқ-қоқ еткен, қоқылдаған дыбысы.*

**ҚОҚЫЛДА=** ет. **1.** *Әтеш пен тауықтың қоқ-қоқ еткен дыбыс шығаруы, қоқ-қоқ ету.* **2.** ауыс. *Жөн-жосықсыз мазаны алу, қақылдап сөйлей беру.*

**ҚОҚЫЛДАУ** *Қоқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫЛЫҚТА=** ет. *Қоқ-қоқ ету, қоқылдау.*

**ҚОҚЫЛЫҚТАУ** *Қоқылықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫМ** зат. **1.** *Нан, қант сияқты үгітілмелі заттардың түсіп қалған үгіндісі, қиқымы.* **2.** *Шөп т.б. үгітіндісі, қалдығы, түбі.* **3.** ауыс. *Зиянды нәрсе, керексіз, мәнсіз, залалы бар нәрсе.*

**Қоқымына дейін қағып**. *Түк қалдырмай, қалған-құтқанына дейін алып.* **Қоқымын тазартты**. *Санаға, дұрыс білім алуға кесірін тигізетін ой-пікірлерді, сөздерді алып тастады.*

**ҚОҚЫМДА=** ет. *Қоқымын түсіру, шашу.*

**ҚОҚЫМДАН=** ет. *Үгітілу, майдалану.*

**ҚОҚЫМДАНУ** *Қоқымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫМДАУ** *Қоқымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫМ-СОҚЫМ** зат. **1.** *Қоқыс, ұсақ-түйек қалдық, қиқым-сиқым.* **2.** ауыс. *Мәні аз, ұсақ-түйек нәрсе.*

**ҚОҚЫН** зат. зоол. *Ұзындығы 50 см-дей, салмағы 2-8 кг-дай үлкен балық.*

**ҚОҚЫР**[1] зат. *Қоқтық, ұсақ-түйек қалдық.*

**Қоқыр қылды.** *Ойрандады, түкке алғысыз етті.* **Қоқыр шытырмақ.** өс. <лат. lepidium ruderale> *Биіктігі 12–30 см, жағымсыз иіс шығаратын өсімдік.*

**ҚОҚЫР**[2] зат. көне. *Хан-сұлтандардың зерлеп киетін, оқалы баскиімі.*

**ҚОҚЫРА=** ет. *Былығу, бейберекеттену, қоқыстану.*

**ҚОҚЫРАЙ**= ет. **1.** *Қоқаю, қоқию, ебедейсіз, дөңкиіп көріну.* **2.** ауыс. *Көкірек керу, менменсу, паңдану, әлдеқандай болу.*

**ҚОҚЫРАЙМА** сын. *Қоқайған, қодырайған; қоқайма.*

**ҚОҚЫРАЙТ=** ет. *Қодырайту, қаздиту.*

**ҚОҚЫРАЙТУ** *Қоқырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАЙЫС=** ет. *Қодырайысу, едірейісу.*

**ҚОҚЫРАЙЫСУ** *Қоқырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҚ** зат. *Қоқырақтағандық, қоқаңдағандық.*

**ҚОҚЫРАҚТА=** ет. **1.** *Қоқыраңдап, қоқаңдап шабу, қоқаң-қоқаң ету.* **2.** ауыс. *Қоқаңдау, қодыраңдау, күш көрсету.*

**ҚОҚЫРАҚТАС=** ет. **1.** *Қодыраңдасу, қоқаңдасу.* **2.** ауыс. *Сес көрсету, қоқаңдасу.*

**ҚОҚЫРАҚТАСУ** *Қоқырақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҚТАУ** *Қоқырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҢ: қоқыраң етті.** *Ебедейсіз, қолапайсыз қимылдады.*

**ҚОҚЫРАҢДА=** ет. **1.** *Қоқаң-қоқаң ету, қодыраңдау.* **2.** ауыс. *Кодаңдау, қоқаңдау, сес көрсету.*

**ҚОҚЫРАҢДАС=** ет. *Қоқаңдасу, қодаңдасу.*

**ҚОҚЫРАҢДАСУ** *Қоқыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҢДАТ=** ет. *Қодыраңдату, қоқаңдату.*

**ҚОҚЫРАҢДАТУ** *Қоқыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҢДАУ** *Қоқыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАҢ-ҚОҚЫРАҢ: қоқыраң-қоқыраң етті.** *Қоқаң-қоқаң етті.*

**ҚОҚЫРАТ=** ет. *Шашу, бұзу.*

**ҚОҚЫРАТУ** *Қоқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАУ** *Қоқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРАЮ** *Қоқырай етістігінің қимыл атауы; едірею, менменсу, әлдеқандай болу.*

**ҚОҚЫР-ҚОҚСЫҚ** зат. *Ұсақ-түйек, ескі-құсқы зат, қалдық.*

**ҚОҚЫРЛЫ** сын. **1.** *Қоқыр-соқыры көп, қоқсықты.* **2.** ауыс. *Заты, жиһаз, мүлкі көп.*

**ҚОҚЫРСАУЫТ** зат. *Қоқыр-соқыр салатын ыдыс.*

**ҚОҚЫР-СОҚЫР** зат. **1.** *Ескі-құсқы, тастанды, сыпырынды зат.* **2.** *Үйдегі майда-шүйде, ұсақ-түйек зат.* **3.** *Қалдық, сарқыншақ.*

**ҚОҚЫРСУ** *Қоқырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫРСЫ=** ет. *Заттың орынсыз, ретсіз, қалай болса солай шашылуы; қоқсып жату.*

**ҚОҚЫРСЫҚ** зат. *Ескі-құсқы қоқыр-соқыр тастанды зат.*

**ҚОҚЫРСЫТ=** ет. *Қоқсыту, қалай болса, солай тастау.*

**ҚОҚЫРСЫТУ** *Қоқырсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫР-ШҰҚЫР** зат. жерг. *Қоқыр-соқыр, ескі-құсқы.*

**ҚОҚЫРШЫ** зат. *Елден ескі-құсқы зат қабылдайтын адам.*

**ҚОҚЫС** зат. **1.** *Қоқып жатқан, ретсіз шашылған заттар.* **2.** *Қора, ауладан шыққан қыс бойы жиналған малдың көң, қи т.с.с.* **3.** *Тұрмыстың қалдық, тамақ, зат т.б. қалдығы.* **4.** *Ұзақ уақыт бығып жатқан, тазалауды қажет ететін жер.* **5.** геол. *Кенді қорытқаннан я көмірді жаққаннан кейінгі қалған қалдық.* **6.** ауыс. *Былық, бәлекет.*

**Қоқыста өсетін ағзалар**. биол. *Құрылыс қоқыстарының үйіндісінде тіршілік ететін ағзалар (адамсүйгіш өсімдіктер мен адамсүйгіш жануарлар).*

**ҚОҚЫСТА=** ет. **1.** *Кір қылу, ластау, былғау.* **2.** экол. *Жер бетінің немесе суқойма түбінен шығарылған заттектер және олардың бөлшектерімен, тамақ және тұрмыс қоқыстарымен, өндіріс қалдықтарымен ластануы.*

**ҚОҚЫСТАНУ** *Қоқыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫСТАР** зат. **1.** *Жеуге жарамсыз немесе басқа себептерге байланысты қолдануға болмайтын, қоқыстар үйіндісіне тасталатын тамақ өнімдері мен тұрмыстық заттар.* **2.** *Пайдаланылмайтын тұрмыстық және ауылшаруашылықтық құрауыштар.*

**Қоқыстар үйіндісі**. экол. *Қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар жиналатын немесе көмілетін аумақ.*

**ҚОҚЫСТАУ** *Қоқыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҚЫСШЫ** зат. *Қоқыстарды жинастырумен, тазартумен айналысатын жұмысшы.*

**ҚОҚЫТ=** ет. **1.** *Қоқырсыту, қоқсыту, ыбырсыту.* **2.** ауыс. *Былықтыру, бүлдіру, бықсыту.*

**ҚОҚЫТУ** *Қоқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛ**[1] зат. **1.** *Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы.* **2.** *Адамның иықтан қар, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі.* **3.** анат. <лат. membrum superius> *Адамның иықтан басталып, саусақтарының ұшына дейін бөлігін қамтитын жоғарғы дене мүшесі.* **4.** ауыс. *Жұмыс күші, адам.* **5.** ауыс. *Билік, иелік.* **6.** ауыс. *Қолтаңба, жазу.*

**Қол алды.** *а) Адамдардың, көбінесе ер кісілердің амандасарда, қоштасарда, сөз берісерде, танысарда ұсынылған қолмен өз қолын қолдастыратын қимыл ишараты. ә) Серт байласты, келісті, ант етті. б) Әскер ертті, сарбаздарын жинады.* **Қол алысты.** *а) Амандасу мен қоштасуда, танысуда, сөз берісерде көбіне ер адамдардың қол берісіп жасайтын қимыл ишараты. ә) Татуласты, мәмілеге келісті. б) Серттесті, серт байласты; бәстесті.* **Қол алысу.** спорт. *Боксшылардың бір-бірін жек көрмей, жекпе-жекті жарыс ережесіне сәйкес өткізуге әзір екендіктерін білдіретін достық рәсімінің белгісі.* **Қол алысып, төс соғысты.** *Қол алысып, құшақтасып уәделесті, серттесті.* **Қол артты.** *а) Қолын мойнына салып, еркеледі, назданды. ә) Бір нәрсеге қолды тіреп, сүйеніп тұрды. б) Біреуге сенді, арқаланды.* **Қол асты.** *Біреуді өңірге, қандай да бір құзырлы орынға, аймаққа т.б. қатысты, соның қарамағындағы; соған бағыныштығы, қаратысты, тәуелді өңір, ел, халық, төңірек т.б.* **Қол астына кірді.** саяси. *Бір елдің өктем саясатының нәтижесінде екінші ел бағыныштығы, тәуелді болды.* **Қол астына қарады.** *Тәуелді болды, басыбайлы болды.* **Қол астына қаратты [алды].** *Тәуелді етті, бағындырды.* **Қол астында.** а) *Қарауында, тәрбиесінде. ә) Иелігінде, билігінде, қарамағында.* **Қол астындағылар.** *Билігіндегілер, бағыныштылар, құзырына қарастылар.* **Қол байлады.** *Кедергі жасады, кесір болды.* **Қол басты.** көне. *Ертеде қара халық өкілінің өзінің куә екенін растайтындығын білдіру үшін бас бармағын күйеге батырып, керек қағазға басуы.* **Қол басындай**. *Жұдырықтай, кішкентай; зәредей.* **Қол батпайды**. *Тығыз, қатты, тығыршықтай.* **Қол батырды.** а) *Күшін көрсетіңкіреді, қаттырақ ұстап қысты.* ә) *Қорлық көрсетті, жәбірледі.* **Қол бәрбі.** тех. *Бұрғылау аспабын қолмен айналдыратын бәрбінің түрі.* **Қол берді.** а) *Ер адамдардың амандасқанда және де әйел-ер адамдардың танысайық дегенінде қолдарын берісіп, алақандарын беттестіріп білдіретін ым-ишараты. ә) Серт етіп, уәде қылып, қол алысып уәделесті.* **Қол берім жер.** *Таяу, жақын, қол созым жер.* **Қол болды.** а) *Қол астына кірді, тәуелді, бағыныштты болды.* ә) *Күш болды.* **Қол босады.** *Жұмыстарын бітірді, бос уақыты болды.* **Қол бостық.** *Жұмысы жоқтық, уақыты көптік.* **Қол бөгеді.** а) *Қол байлады, уақыт алды. ә) Кедергі болды.* **Қол бөгеу**. *Кесірін тигізетін, бөгеу болатын (іс).* **Қол бұлғады.** а) *Қолын бұлғақтатып, сау бол деп қоштасқанды білдіретін қимыл ишарат.* ә) *«Бері кел» деп белгі беретін, шақыратын қимыл ишарат.* б) поэт. *Алыстан елес берді, мен мұндалады.* **Қол бұлғалады.** сөйл. ***Қол бұлғады.*** **Қолға алды.** а) *Қолына ұстады, көтерді.* ә) *Ебі бар, қолынан келетін іспен айналысуды бастады.* б) *Билікке, мансапқа т.с.с. жетті.* в) *Дұрыстады, ретке келтірді.* г) *Әзілдеді, қырына алды.* ғ) *Орындады, жүзеге асырды.* д) *Басып алды, қолға түсірді, тұтқындады.* **Қолға алынды**. *Іс, шаруа басталды.* **Қолға жетпеді**. *Жоқ, ала алмады, қолына тимеді.* **Қолға кетті**. *Тұтқынға түсті, тұтқын болды.* **Қолға үйренді**. *Қолда ұстап күтуге көндікті.* **Қолға [қолына] қарады.** а) *Бір нәрсе әкелер, берер деп дәметті.* ә) ойын. *Қолдағы картаға қарады.* б) *Кіріптар, тәуелді болды (адам).* в) *Мал қорада болды, жайылымға шықпады.* **Қолға қондырды.** *Қолына түсірді, өзіне қаратты.* **Қолға тигізбеді.** *Қолға түсірмеді, жеткізбеді.* **Қолға тоқ болсын**. тілек. *Берекелі, қорлы-қоғанды болсын.* **Қолға түсе бермеді [түспеді].** *Табылмады, кездеспеді.* **Қолға түспес.**

*Таптырмайтын, тапшы, кездесе бермейтін.* **Қолға түсті.** *Ұсталды, тұтқын болды.* **Қолға түсірді.** а) *Қашқындарды ұстады.* ә) *Айналдырып алды, өзіне қаратты.* б) *Тапты, ие болды* **Қолға [қолына] ұстатқандай.** *Анық, айқын етіп.* **Қолға үйретті.** *Қолда ұстауға көндіктірді.* **Қолға үйретілген жануар**. *Қолдан сұрыптау кезінде түрпаты мен мінез-құлығы өзгермеген (немесе сәл ғана өзгерген), сондықтан адам қамқорлық жасамаған жағдайда табиғи мекендеу ортасында тіршілік ете алатын асыранды (үйірсек) жануар.* **Қолда бақты**. *Жайылымға жібермей, қорада ұстады.* **Қолда бар.** *Қолында бар мүлік, мал т.б. дүние.* **Қолда билік жоқтық.** *Еркінен айырылған, шарасыз.* **Қолдағы мал.** а) *Барлық мал-жайы, жиған-терген малы.* ә) *Малшыларға, жайлауға қосып қойған малынан бөтен қолында ұстауда қалған, ауылдың ішіндегі малы.* **Қолда қалған**. *Әлі бар, жоғалмаған.* **Қолдан алды** э т н. *Қызға құда түсіп, төркі-ніне ұзату тойын жасатып, үйленді.* **Қолдан берді.** э т н. а) *Қызды ұзату тойын жасап, өз еркімен тұрмысқа шығарды.* ә) *Көріп тұрып айырылып қалды.* б) *Өз ықтиярымен берді.* **Қолдан жасау**. *Қолмен, қарапайым әдіспен даярлау.* **Қолдан жіберіп алды.** *Айырылып қалды, мерзімін өткізіп алды.* **Қолдан келді.** а) *Шамасы келді, мүмкіндігі, күші жетті.* ә) *Істей алды, іске асырды, жүзеге асыра алды.* **Қолдан келер шара жоқ.** *Дәрменсіз, лажсыз, амал жоқ.* **Қолдан келместі келтірді**. *Қиын іске ұмтылды.* **Қолдан қара саба, ас кетті.** э т н. *Ас әзірлеуден, үй шаруасына араласудан қалып қартайды деген мағынадағы жасы келген әйел туралы айтылатын сөзқолданыс.* **Қолдан өтті.** *Әбден қолданыста болды, тәптіштеп қаралды, жақсы таныс, бұрыннан біледі деген мағынада.* **Қолдан ұшқан.** а) *Қаза тапқан, қайтыс болған.* ә). *Өзі тәрбиелеген, өзі өсірген.* **Қолдан шығармады**. *Уысынан босатпады, еркіне жібермеді.* **Қолдан шығып кетті.** *Ұстай алмады, айырылып қалды.* **Қол добы.** с п о р т. ***Қолдоп*** (*спортшылар бір-біріне допты қолдарымен ғана әуелетіп тастап, оны қарсыластарының қақпасына соғуға тырысатын командалық спорт ойыны*). **Қол дорба**. ***Қолдорба***. **Қолды жаттықтыру.** с п о р т. *Боксшының оң және сол қолдарымен қарсыласының басы мен денесіне екпінді өзара байланысқан соққылар жұмсауы және қорғаныс амалдарын қолдануы.* **Қолды жіпсіз байлады**. *Ерікке жібермеді, шырмау болды.* **Қолды қақты.** *Бір нәрседен құр қалдырды.* **Қолдың жұмыртқасы**. с ө й л. *Инкубатордікі емес, үйдің тауығы басып шығарған, құнарлылығы жоғары, дүкенде сатылатын жұмыртқадан бағасы қымбаттау тауық жұмыртқасы.* **Қолдың қаймағы**. с ө й л. *Қолдағы сауын сиыр сүтін сүттартқыш мәшине арқылы қолдан тартып жасайтын, майлылығы, құнарлылығы зауыттан шығарылған қаймақтан әлдеқайда жоғары, сату бағасы қымбаттау қаймақ.* **Қолдың наны**. с ө й л. *Үйде, жеке адамның өзі шақтап илеп, пешіне пісірген нан, көмешнан.* **Қолдың саласындай.** *Біркелкі, әп-әдемі.* **Қолдың сүті.** с ө й л. *Жеке шаруашылықта, үйде бағылатын сауын малдан сауылып, көбіне қала тұрғындарына сатылатын, құнарлылығы, майлылығы жоғары сиыр сүті.* **Қолдың [бес қолдың] саласындай**. а) *Біркелкі, өрімдей; тептегіс.* ә) *Тарамыстанған, бадырайған.* б) *Анық, өте айқын.* **Қол еңбегі**. *а) Мәшине, арнайы құрал-жабдықтармен емес, қолмен жасалған жұмыс, қоленбек.* ә) *Қол күші.* **Қол ет**. *Сойылған қой, ешкі т.с.с. аңның алдыңғы аяғы.* **Қол жайды**. а) п а р а л и н г в. *Екі алақанын жайып, бір-біріне түйістіре өзіне қаратып, бата сұрағанды білдіретін қимыл ишарат.* ә) *Қолын көтеріп, бата жасады.* б) *Тіленді, сұрамсақтанды.* **Қол жалғап жіберші**. *Керек заттың қасына жақын тұрған кісіге нәрсені алып беріп, не көмектесіп жіберші деген өтінішті сыпайылап, жеңіл етіп жеткізудің түрі.* **Қол жаттықтырды.** *Бір нәрсені істеуге қолын төселдірді.* **Қол жетерлік.** а) *Жақын, алыс емес.* ә) э к о н. *Тауар бағасының тұтынушылар сұранысын қанағаттандыруы, тауардың тым қымбат болмауы.* **Қол жеткізгісіз.** *Әркімнің қолынан келмейтін.* **Қол жеткізді**. *Ойлаған мұратына, мақсатына жетті.* **Қол жеткісіз.** *Қол жетпейтін, қолға түспейтін, алыстағы, қиядағы.* **Қол жетпеді**. *Дегеніне, діттегеніне жете алмады, арманы орындалмады.* **Қол жетпейтін.** *Алыс, мұнартқан, қол жеткісіз.* **Қол жетпес.** *Орындалуы қиын, қолға түспейтін.* **Қол [қолы] жетті.** *Бір нәрсеге ие болды, арманы орындалды, дегеніне жетті.* **Қол жуды болды**. *Бар нәрседен жұрдай болды, дәнеңе қалмады.* **Қол жұмсады**. *Ұрды, соқты, күш көрсетті.* **Қол жүгіртті**. *Қолын сумаңсумаң еткізді, әр жерін бір ұстады.* **Қол жүрді**. а) *Сәті түсті, орайы келді.* ә) с ө й л. *Карта ойыны т.с.с. ойыншының ұтуы, жеңіске жетуі.* **Қол жіліктер.** *Малдың алдыңғы екі аяғына тиесілі жіліктер.* **Қол ине.** э т н . *Қолмен ұстап жіп өткізіп алып киім тігуге арналған, болаттан жасалған, ұшы ұшкір жіңішке құрал.* **Қол кезеді.** *Қолды жан-жаққа созып ербеңдетті.* **Қол көтерді**. а) п а р а л и н г в. *Мойынсынғанды, бағынғанды, тізе бүккенді, берілгенді екі қолын төбесінен жоғары көтеріп білдіретін қимыл ишарат.* ә) р е с м и. п а р а л и н г в. *Жиналыс, мәжіліс т.с.с. қабылданған ұсыныс, қаулыны мақұлдағанды, келіскенді бір қолын жоғары көтеріп білдіретін қимыл ишарат.* б) *Ұрды, соқты, қол жұмсады.* в) с ө й л. *Такси тоқтату үшін қолын шошайтты.* **Қол қағысты**. *Ант етісті, серттесті, уәделесті.* **Қол қатты.** *Қол жұмсады, ұрды, соқты.* **Қол қауға.** э т н . *Қолмен тартып шығаратын кішкене қауға.* **Қол қимылы.** с п о р т. *Бір не екі қолдың бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуы.* **Қол қимылын істеп жіберді.** *Ұрды, соқты.* **Қол қойғызды.** *Қағазға жазылғанды растау үшін біреудің қолтаңбасын қойдыртты.* **Қол қойды.** а) *Қағазға жазылғандарды растау үшін соңына қолтаңбасын қалдырды.* ә) *Бір жұмысқа кірісті, істеп тастауға бел байлады.* в) *Мойындады, көзі жетті, сенді.* **Қол қойылды**. р е с м и. *Бекітілді, расталды.* **Қол қою**. р е с м и. *Белгілі бір құжат мәтініне жауапты, қатысы бар құзырлы адамның қолтаңбасын жазуы.* **Қол қуатты болсын!** а л ғ ы с. *Шөп шабу, орақ ору тәрізді жұмыс үстінде айтылатын ізгі тілек.* **Қол қусырды.** а) *Екі қолын кеудесіне қойып, тәжім етті; құрмет қылды.* ә) *Бас иді, құлдық ұрды, аяғына жығылды.* б) п а р а л и н г в. *Қолын бірбіріне айқастырып, еш нәрсе істемей бос тұрғанды, істегісі келмегенді білдіретін қимыл-ишарат.* **Қол қусырып отырғызбады.** *Босқа жүргізбеді, текке отырғызбады.* **Қол қусырып отырды.** *Еш нәрсе істемей босқа, текке отырды.* **Қол қусырысты.** *Қолдарын кеудесіне қойып, тәжім етісті.* **Қол құрал-саймандары**. ә с к. *Әскерлер ұрыста өзіне окоп қазып және бекіністер жабдықтауға байланысты инженерлік жұмыстар жүргізетін құрал-саймандар.* **Қол қысты.** а) *Амандасты, сәлем берді.* ә) *Қоштасу ишаратын жасады.* б) *Құттықтап, құтты болсын айтып, ишарат етті.* **Қолмен айналдырылатын кофеұсатқыш.** *Ағаш немесе металл корпусы, тұтқамен қозғалысқа түсетін диірмені, ұнталған дәннің майдалану дәрежесін реттеп отыратын тетігі, майдаланған кофе түсетін шағын жәшігі бар кофеұсатқыш.* **Қолмен жазылған**. с ө й л. *Мәшинке не компьютер арқылы емес, қаламмен, қарындашпен, өз қолынан жазылған.* **Қолмен кестелеу.** қ о л ө н е р. *Кестені қолмен салу.* **Қолмен қойғандай**. *Дәл, нақтылы.* **Қолмен өткерісті.** *Тікелей араласты, өзі болып атқарысты.* **Қолмен тікті.** *Киімді т.с.с. ісмәшинесімен емес, қол инеге жіп сабақтап алып тікті.* **Қолмен істегенді мойныңмен көтер**. *Жасаған қылмыстың, жамандықтың жазасын тарту керек деген мағынада.* **Қол мергендеу.** *Қолы епті, атқаны нысанаға дөп тигіш.* **Қол пулеметі**. ә с к. *Мотоатқыштар бөлімінің қарсыластың жақын не орташа қашықтықтағы (800 м-ге дейін) адам күшін немесе атыс құралдарын дәл көздеп атуға арналған қаруы.* **Қол салды**. а) *Зорлық-зомбылық етті, күш көрсетті, азаптады.* ә) *Бір істі бастады, қолға алды.* б) *Ұрлады, жымқырды, сұғанақтық етті.* в) *Төсекте жатқан әйелдің қойнына барды.* **Қол сауда.** *Азын-аулақ пайданы көздеген ұсақ заттардың үстінен баға қосып сату арқылы болатын сауда.* **Қол сауыт**. э т н . *Батырлардың сауытының иықтық, жеңседен тұратын қолды қорғауға арналған бөлігі.* **Қол сермеді**. *Бір нәрсеге ұмтылды, қол созды.* **Қол соғу**. а) *Қол шапалақтау, алақан ұру.* ә) *Құптау, разы болу, көтермелеу.* **Қол соғысты**. *Бір нәрсеге уәделесті, келісті; серттесті.* **Қол созарлық**. *Көмек қолын сұрайтындай.* **Қол созды.** а) *Талпынды, ұмтылды, дәмеленді.* ә) *Жәрдем сұрады, тіленді.* **Қол соқты**. а) *Қол шапалақтады, алақан ұрды.* ә) *Құптады, қолдады, қостады.* **Қол сұғу**. *Біреудің ісіне араласу, сұғанақтану.* **Қол сұқпаушылық**. с ө й л. *Талан-таражға салмаушылық.* **Қол сұқты**. а) *Талан-таражға салды, сұғанақтық етті, ұрлады.* ә) *Біреудің ішкі ісіне араласты, билік айтты.* **Қол тапсырды**. а) к ө н е. *Жақтады; дауыс беріп сайлады.* ә) *Бас иді, тәуіп етті.* б) *Бір нәрсені бұлжытпай орындауға серт берді, уәделесті.* **Қол тартпады**. *Қашпады, істей берді.* **Қол терісі сойылды**. *Бейнет шекті, азаптанды.* **Қол тигізбеді.** а) *Еш нәрсесіне тимеді, орнынан қозғамады.* ә) *Ұрмады, соқпады, ренжітпеді.* б) *Зар қақсап ауырды.* **Қол тигізді.** *Ұрды, соқты.* **Қол тимеген**. *Ешкім әлі кірісе қоймаған, істелмеген.* **Қол тоқпақ**. э т н . *Астық дәнді қолмен ұру арқылы майдалауға, ұнтақтауға арналған құрал.* **Қол тұсау болды**. *Бөгет жасады, кедергі болды.* **Қол тігіс.** к ә с. *Қол инемен, қолмен тігу арқылы орындалатын тігіс түрі.* **Қол ұрды**. *Қол шапалақтады, қошемет көрсетті.* **Қол ұстасты**. а) *Қатар келе жатқан не тұрған екі және одан көп адам бірінің алақанын біріне қапсырып, саусақтарымен қысып, басты.* ә) *Бірікті, тізе қосты.* б) *Өмірлік жар болды, үйленді.* в) *Қыз бен жігіттің бірін-бірі жақсы көруін, қимауын көрсетеді.* г) *Айырылмады, біте қайнасты.* ғ) *Айырылмастай болды, бірге кетті.* **Қол ұстастырды**. *Өмірлік серік қылдырды, үйлендірді, бірге жүргізді.* **Қол ұстау**. э т н . *Күйеу жігіттің қалыңдығының ұзатылар тойынан бұрын, қыз ауылына ұрын барып, жастар бас қосқан жиын-тойдан кейін қалыңдығымен кездесуінде қыз жеңгелеріне беретін кәдесі.* **Қол ұшын берді [ұсынды].** *Қолғабыс етті, көмек көрсетті, жәрдемдесті.* **Қол ұшын тигізбеді.** *Ешбір істі істемеді, жәрдем етпеді.* **Қол үзді**. а) *Тастады, ұмытты.* ә) *Алыстады, араласы үзілді.* б) *Байланыстан айырылды, қатынаспады.* в) *Ұмытты, қайта сөз қылмады.* **Қол шалғы.** ***Қолшалғы***. **Қол шапалақтады.** п а р а л и н г в. *Алақандарын бірбіріне ұрып разы болғанды, әсерленгенді; қарсы болғанды білдіретін қимыл ишарат.* **Қол шығыр**. э т н . *Тереңнен су т.б. сұйықтарды тартып шығаратын айналма білек ағаш.* **Қолы алдына сыймады**. *Не істерін білмеді, жалықты.* **Қолы алтын.** *Шебер, қолынан келмейтіні жоқ, ісмер адам туралы.* **Қолы аузына жетті.** *Өз күнін өзі көретін күнге жетті, қатарға қосылды.* **Қолы ауыр.** *Жұдырығы қатты, ұрса оңдырмайды деген мағынада.* **Қолы ашық.** *Жомарт, береген, мырза, еш нәрсесін аямайтын (адам).* **Қолы ашылды.** *Ештеңесін аямай жұмсады.* **Қолы бармады**. *Батылы жетпеді, дәті шыдамады.* **Қолы батты.** *Қолы тиді, ұрды.* **Қолы берекелі**. *Не жасаса да, бәріне жетімді, тойымды етіп жасайды деген мағынада.* **Қолы бос [бостық].** а) *Бір нәрсені істеуге бос уақыты болды, қолы тиді.* ә) *Істейтін іс жоқ, тек жүрген, еріккен.* **Қолы босады [тиді, қалт етті]**. *Бос уақыты болды.* **Қолы біледі**. *Қолының шеберлігі бар.* **Қолы епті [епсек]**. *Іске шебер, икемді.* **Қолы жеңіл**. а) *Істеген ісі оңға басатын, сәті түсетін.* ә) *Саудасы тез жүріп кететін, жеңіл қолды (адам).* **Қолы жетті.** а) *Ие болды.* ә) *Арманда қалмады, дегеніне ие болды.* **Қолы жүйрік**. *Епті, икемді шебер.* **Қолы келте.** *Дүниеге тапшы, кедей, қолы қысқа.* **Қолы кесілді**. *Еш нәрсе істей алмады, мысы құрыды.* **Қолы қайратты.** *Күші көп, мығым, ұстағанын тыпыр*

*еткізбейтін.* **Қолы қалт етсе.** *Қолы сәл босай қалса.* **Қолы қалтырады**. *Батылы бармады, жүрексінді.* **Қолы қанға батты.** *Кісі өлтіріп, қанын мойнына жүктеді.* **Қолы қанды**. *Қолы бір нәрсені істеуге үйренді, машықтанды.* **Қолы қанды болу.** *Атқанын түсіру, олжалы болу.* **Қолы қарайды**. *Көп уақыт айна-лыспағандықтан ептілігінен айырылды.* **Қолы қарақты.** *Іске шебер, қолынан бір нәрсе келетін, қолы епті.* **Қолы қарап отырмады.** *Тынымсыз жұмыс істеді.* **Қолы қатты**. а) *Еш нәрсесін бермейтін, сараң.* ә) *Мейірімсіз, қатал, қатаң.* б) *Қуатты, күші көп.* **Қолы қатып кетті [қалды].** *Икемге келмеді, иілмеді.* **Қолы қолына жұқпады [тимеді].** *Жұмысты, істі жылдам, шапшаң істеді.* **Қолы құтаймады**. а) *Берекесі болмады, байымады; байлық жиналмады.* ә) *Қолына баласы тұрмады.* **Қолы [қол] қысқа [қысқалық].** а) *Кедей, жарлы.* ә) *Тапшы, жетімсіз, қалтасы жұқа.* б) *Тамыр-танысы аз, жоқ.* **Қолы қышыды.** *Бір нәрсе істегісі келді, ерікті.* **Қолымен күл көседі.** *Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетін тартты.* **Қолымен жазды**. *Мәшинке емес, қағаз, қалам арқылы тіке өзі жазды.* **Қолымен жазылды.** *Қағаз, қалам арқылы жазылды.* **Қолымен жамандық істеді**. *Әдейі, қасақана, өзі тіке, мақсатты түрде кесірін тигізді.* **Қолымен жасалды**. *Біреулер арқылы, біреулердің тіке көмегімен іске, жүзеге асырылды.* **Қолымен от көседі.** *Біреу арқылы араздық тудырды.* **Қолымен істегенді [еткенді] мойнымен көтерді.** *Өз күнәсын өзі тартты; жұртқа ауыртпалық салмады.* **Қолымен істелді**. *Біреу арқылы әдейі ұйымдастырылды.* **Қолымен істеп, аузымен бұйырады**. *Біреу арқылы істетеді, сойылсоғарын, айтқанын екі етпейтін адамды жұмсайды деген мағынада.* **Қолына алды.** а) *Бағып-қағу үшін өз үйіне алды, күтімге алды.* ә) *Ие болды, билік етті.* **Қолына жүзік салды.** а) *Саусағына сақина киді.* ә) *Некелесті, некеге тұрды.* **Қолына көшті**. *Қарауына өтті, билігіне берілді.* **Қолына күн қондырғандай арайлады.** б е й н. *Нұрын, шапағатын төкті.* **Қолына кіргізіп алды.** *Өз үйінде тұрғызды, күшік күйеу етті.* **Қолына кірді.** *Біреудің үйіне келіп тұрды; күшік күйеу болды.* **Қолына қалам [қағаз] алды**. а) *Шығармашылық жұмыспен айналысты, өлең жазды.* ә) *Хат жазды.* **Қолына [құс] қондырды.** а) *Жігіт үйленді, отау құрды.* ә) *Көңілін тапты, айтқанына көнетін етті.* **Қолына қылыш [найза] ұстады.** *Қолбасшы болды, қол бастады, соғысты.* **Қолына қылыш [найза, мылтық т.б.] ұстатты.** *Қолына қару берді, жарақтады.* **Қолынан бар келері.** *Шамасы келетін жері.* **Қолынан боқ та келмейді.** *Ештеңе істей алмайды, қолынан түк келмейді, іске ебі жоқ.* **Қолынан бізі түсті.** *Істерге шарасы қалмады, жамандық жасай алмады.* **Қолынан екі келсе, бірін қылсын!** *Қолынан келгенін аямасын, шамасы жеткенін істеп қалсын.* **Қолынан келген қонышынан басады.** *Жалғанды жалпағанан басады, ойлағанын істейді.* **Қолынан [қолдан] келгенше.** *Мүмкіндігінше, шамасынша, өз әлінше.* **Қолынан келеді.** *Істей алады, орындайды.* **Қолынан не келеді.** *Қарсы еш нәрсе істей алмайды, еш шамасы жоқ.* **Қолынан [түк] келмейді [келері жоқ].** *Ештеңе істей алмайды, шамасы жетпейді.* **Қолынан кетпен түспеді.** *Бау-бақша жұмыстарынан қолы босамады.* **Қолынан қой жарысы келмеді.** *Ешбір іске қыры жоқ, ебі жоқ, сылбыр мағынасында айтылады.* **Қолынан мөрі тамған [төгілген]**. *Өнерлі, шебер, ісмер, іскер.* **Қолынан намыс бермеді.** *Жеңілмеді; нағыз қайсарлық көрсетті.* **Қолынан орақ түспеді.** *Тыным таппай шаруа істеді, шөп шапты.* **Қолынан өткерілді.** *Қолында болды, иесі болды.* **Қолынан өтті.** *Тексерді, қарады.* **Қолынан сарқыт жемеді**. *Қолынан дәм таппады, араласпады.* **Қолынан сойыл түспейтін кісі.** *Көздегені ұрыс-төбелес, жүрген жері жанжал болатын кісі туралы айтылады.* **Қолынан шығармады.** *Ажырап қалғысы келмей қолда ұстады; көзден таса етпеді.* **Қолынан іс келетін.** *Ширақ, пысық, епті тірі; не болса да істей алатын.* **Қолына оймақ ілмес.** *Олақ, қолына ине ұстай алмайтын.* **Қолына өтті.** а) *Мұрагерлік жолмен берілді.* ә) *Тапсырылды, сеніммен берілді.* **Қолына тиді.** а) *Бір нәрсені алды.* ә) *Иелік етті.* **Қолына түкіріп отырған.** *Сақадай сай, дайын отырған.* **Қолына ұстату.** *Тапсыру; көзін жеткізу.* **Қолын бұлғалақтады.** *Қолын бірнеше қайтара бұлғады.* **Қолын былғады.** *Жаман іске араласты.* **Қолын бір [бір-ақ] сермеді [сілтеді].** *«Мейлі», «қойшы», «жоқ!» сияқты сөздердің (лажсыз келісім немесе қарсылық білдірудің) қимылмен берілуі.* **Қолында билігі бар.** *Басқарушы, қызметі бар, мансапқа ие.* **Қолында болды [өсті].** *Біреудің тәрбиесінде болды, қарамағында өсті.* **Қолында бұлы бар.** *Ақшалы, дәулетті, бай.* **Қолында жүрді.** *Біреудің қол астында болды, ықпалында жүрді.* **Қолында өлейін.** *Бір нәрсеге келіскенше арпалысып өтейін, басымды өлімге тігейін деген мағынада.* **Қолында ұстады.** *Қарамағына, иелігіне, жұмсауына алды.* **Қолын емін-еркін батырды.** *Өзін еш нәрседен шектемеді, қолы ұзын болды, хал-ахуалы зор мүмкіндік берді.* **Қолын жылы суға малғызды [малдырды].** *Бар жағдайын жасады, асырап күтті.* **Қолын жылы суға малды.** а) *Тұрмыстың рақат-қызығын көрді, қамсыз-қайғысыз өмір сүрді.* ә) *Келінді болып, келін жұмсап, қолы ұзарды.* **Қолын кеш [мезгілінен кеш] сермеді.** *Мезеті өтті, кешеуілдеді, кешікті.* **Қолын күйдірді.** а) *Қолын қарып алды.* ә) *Тосқауылға кездесіп, зиян шекті.* **Қолын қайда қоярын білмеді.** *Жұмыссыздықтан не істерін білмеді.* **Қолын қақпады**. *Бетін қайтармады, жолына тосқауыл болмады, қарсы тұрмады.* **Қолын қақты.** а) *Алғысы келген нәрсесін бермеді, тілегін орындамады.* ә) *Бетін қайтарды, ренжітіп алды.* **Қолын қанға батырды.** а) *Қан төкті, қанын жүктеді, қылмысты болды.* ә) э т н. *Ант айтып, серт берісті.* **Қолын қанға былғау.** *Өлтіру, өліміне себепші болу.* **Қолын қанға малды.** *Кісі қанын мойнына жүктеді.* **Қолын қанға малдырды.** *Біреудің қанішерлік жасауына түрткі болды.* **Қолын қате сермеді.** *Шалт кетті, шалыс басты, жаңылысты, адасты.* **Қолын сілтеді.** п а р а л и н г в. *Қойшы, доғар дегенді қолын сермеп білдірді.* **Қолын таныды**. *Жазуын, біреудің қолтаң-басын білді.* **Қолын ұзартты.** а) *Келін жұмсады, өзі істейтін шаруаны келін атқарды.* ә) *Көмек берді, жәрдемдесті, қолғабыс етті.* **Қолын шығарды.** п а р а л и н г в. ж а ғ ы м с ы з. *Бір нәрсеге мүлде қарсы екендігін білдіру үшін, сұқ саусағы мен ортан қолдың арасынан бас бармағын шығарып көрсететін қимыл ишарат.* **Қолының жымысқысы [сұғанақтығы, жиендігі] бар.** *Ұрлыққа бейім, жымқырғыш (адам).* **Қолының көзі бар.** *Саусағынан бал тамған шебер.* **Қолының құрышын қандырды.** *Әбден ұрып-соқты, жазалады.* **Қолының қышуы қанғанша сабады.** *Әбден айызы қанғанша, өшін алғанша ұрды.* **Қолыңа дерт бермесін.** а л ғ ы с. *Қолғабыс етіп, жәрдемін тигізген адамға ризашылығын білдіргенде айтылатын сөз.* **Қолыңмен бергенді аяғыңмен жүріп ала алмайсың**. *Берген қарыз ақшаны қайтарып алу қиын деген мағынада.* **Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас**. *Шамаң, ебің болса, қыларыңды қылып қал, қамты, ойыңа келгенді істе деген мағынада.* **Қолы сақи.** к ө н е. *Қолы ашық, жомарт, мырза.* **Қолы сараң.** *Қолы тар, жомарттығы жоқ.* **Қолы талды**. *Қары шаршады, әлсіреді.* **Қолы тар**. *Сараң, қатты, берері жоқ кісі.* **Қолы тарлық**. *Жоқшылық, тапшылық, жетіспеушілік.* **Қолы тиді**. *Ұрды, соқты, сабады.* **Қолы тимеді [босамады]**. *Уақыт болмады; қолы босамады, мұршасы келмеді.* **Қолы түсу.** в е т. *Мініс жылқысы мен өгізге ауыр жүк арту, алыс жолда ұзақ қинаудан алдыңғы аяғының бұлшық еті салдану кінәраты.* **Қолы түсінді**. ж е р г. *Қолы үйренді.* **Қолы [қысқа қолы] ұзарды.** а) *Барлыққа, молдыққа қолы жетіп, етек-жеңі кеңейді.* ә) *Көмекшіге, қолқанатқа жарыды.* б) э т н. *Келін түсірді.* **Қолы ұзын.** а) *Қуатты, әлді, малды, дәулетті.* ә) *Не істеймін десе де, қолынан келетін, мүмкіндігі мол.* **Қолы ұсынықты.** *Өнерлі, шебер.* **Қолы шығыңқырады.** с ө й л. *Қолы жүрді, жолы болды.* **Қолы шыққыш.** *Қолына жақсы карталар келіп, қайта-қайта ұта беретін.* **Қолы шықты.** *Ойында қолы жүрді, ұтты.* **Қолы ілінді**. *Шап берді, ұстады.* **Қолы ісмер.** *Қолынан бәрі келетін, шебер.*

**ҚОЛ²** з а т. к ө н е. *Көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек, әскер ұғымдарында қолданылған дәстүрлі әскери атау.*

**Қол бастады**. *Қолбасшы болды, әскербасы болды, жорыққа басшылық етті, әскер бастады.* **Қол болды.** *Сарбаз, топ болды, әскерге кірді.* **Қол жиды.** *Әскер топтады, нөкер жасақтады.* **Қол қаулады.** *Қалың әскер қаумалап қаптады.*

**ҚОЛ³** з а т. к ө н е. *Жөн, ыңғай.*

**Қол емес**. *Жөнсіз, ыңғайсыз, қолайсыз.* **Қол көрді.** *Дұрыс деп есептеді, мақұл көрді, құптады.*

**ҚОЛА** з а т. к е н. **1.** <франц. bronze> х и м. *Мыс пен басқа элементтердің (қалайы, алюминий, никель, бериллий, қорғасын, магний, кадмий, марганец т.б.) қосылған қорытпасынан алынған металл.* // *Қоладан жасалған.* **2.** *Бағалы саналатын әртүрлі бұйымдар, тұрмысқа қажетті жасауда қолданылатын қорықтық зат, шикізат.* **3.** *Халықтың түсінігінде сапасы, бағасы жағынан алтын мен күмістен кейін тұратын металл.* // *Беделі төмен, асылдарға жете алмайтын.* **4.** с п о р т. *Жарыста үшінші орын иеленген спортшыға берілетін медаль.*

**Қола векселі.** э к о н. *Несиеге қабілетсіз тұлғалар берген вексель.* **Қола дәуірі.** т а р. *Адамзат қоғамының дамуындағы мыс дәуірінен кейінгі қола металлургиясы кең дамыған тарихи-мәдени кезең.* **Қола жүзік.** э т н. з е р г. *Қоладан соққан жүзік.* **Қола жүлдегер.** с п о р т. *Қола медальмен марапатталған спортшы.* **Қола медаль.** *Спорт, еңбек жарыстарында үшінші орын алғандарға берілетін қоладан жасалған медаль.*

**ҚОЛАБА¹** з а т. **1.** э т н. *Бір ұрғанда жығатын я қирататын орасан үлкен қолтоқпақ, қару.* **2.** а у ы с. *Еңгезердей ебедейсіз, денесі үлкен адам.* **3.** а у ы с. *Қолшоқпар болған, дойыр, шаш ал десе бас алатын адам.*

**ҚОЛАБА²** з а т. э т н. *Сиырға өзге бұзауды телу үшін қолданылатын таяқ.*

**ҚОЛАБАДАЙ** с ы н. **1.** *Қолаба сияқты, қолаба тәрізді.* **2.** а у ы с. *Үлкен, зор.*

**ҚОЛАГРАФИТ** з а т. к е н. *Қоладан және қола кристалдары арасында біркелкі бөлінген графит бөлшектерінен тұратын кеуекті материал.*

**ҚОЛАҒА** з а т. э т н. к ө н е. *Шағын әскери жасақтың басшысы.*

**ҚОЛАҒАЛЫҚ** з а т. э т н. к ө н е. *Қолағасы қызметін атқарушылық, әскери жасақты басқарушылық.*

**ҚОЛАҒАШ** з а т. э т н. *Қазық, қада қағуға арналып, бір басы жуан ағаштан жасалынған құрал; тоқпақ.*

**Қолағаш мұрын**. *Дөңкиген, қоңқиған мұрын; қошқар тұмсық.*

**ҚОЛАҒАШТАЙ** с ы н. **1.** *Қолағаш сияқты, қолағаш тәрізді.* **2.** а у ы с. *Үлкен, ебедейсіз, жуан.*

**ҚОЛАЗЫ** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Баскиімге тағылатын үкі қауырсынын ораған әшекей.*

**ҚОЛАЙ¹** з а т. *Жөн, ыңғай.*

**Қолай көрді.** *Қораш көрді, оғаш санады.*

**ҚОЛАЙ²** з а т. ө с. <лат. myriophyllum spicatum> *Көлде, баяу ағатын өзенде кең таралған, оттегін мол шығаратын су өсімдігі.*

**ҚОЛАЙЛА=** е т. *Ыңғайлау, әзірлеу.*

**ҚОЛАЙЛАН=** е т. *Ыңғайлану, әзірлену.*

**ҚОЛАЙЛАНДЫР=** *Сәйкестендіру, ыңғайландыру.*

**ҚОЛАЙЛАНДЫРУ** *Қолайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАЙЛАНУ** *Қолайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАЙЛАСТЫР=** е т. *Ыңғайластыру, әзірлеу, жөнге келтіру.*

**ҚОЛАЙЛАСТЫРУ** *Қолайластыру етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАЙЛАУ** *Қолайла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАЙЛЫ** с ы н . **1.** *Ыңғайлы, жөнді, тиімді.* **2.** *Бейімді, икемделген.* **3.** *Жайлы, қоңыржай.*

**ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Ыңғайлылық, тиімділік.* **2.** *Қоңыржайлық, жайлылық.* **3.** *Икемділік, бейімділік.*

**ҚОЛАЙЛЫРАҚ** с ы н . *Ыңғайлырақ, тиімдірек.*

**ҚОЛАЙНА** з а т . *Өзімен бірге алып жүруге арналған шағын айна.*

**ҚОЛАЙСЫЗ** с ы н . **1.** *Ыңғайсыз, жөнсіз.* **2.** *Жайсыз, жағымсыз.*

**ҚОЛАЙСЫЗДАН=** е т. *Ыңғайсыздану, қысылу, қымтырылу.*

**ҚОЛАЙСЫЗДАНУ** *Қолайсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАЙСЫЗДАУ** с ы н . **1.** *Ыңғайсыздау, жөнсіздеу.* **2.** *Жайсыз, жайлы емес.* **3.** *Епсіз, ебедейсіз, икемсіз.*

**ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ** з а т . **1.** *Жайсыздық, жарамсыздық.* **2.** *Икемсіздік, ыңғайлы еместік.* **3.** *Ыңғайсыздық, қысылушылық.*

**ҚОЛАҚАШ: қолақаш жілік.** ж е р г. *Кемік жілік.*

**ҚОЛАҚПАНДАЙ** с ы н . *Қолағаштай, үлкен, дәу, ірі.*

**Қолақпандай үлкен.** *Еңгезердей, сойдауыттай.*

**ҚОЛАМТА** з а т . **1.** *Жанып біткен оттың ыстық күлі.* **2.** а у ы с . *Бұрын болған бір нәрсенің, құбылыстың, әлі де бой көрсетіп отырған әсері, өткеннің ізі, белгісі.*

**Қоламта басқан тауықтай.** ж е р г. *Тыпырлап қалу, арлы-берлі жүгіру деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Қоламта мінез.** *Ашық-жарқындығы жоқ тұйық мінез.* **Қоламта нан.** э т н . *Шоққа көміп пісірген нан.* **Қоламтасын бықсытты [қоздатты].** *Бір нәрсенің шетін шығарып, сөз түртпек жасады.*

**ҚОЛАМТАЛАН=** е т. *Оттың, шоқтың сөніп, ыстық күлге айналуы.*

**ҚОЛАМТАЛАНУ** *Қоламталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАМТАЛЫ** с ы н . **1.** *Қоламтасы бар; күйіп тұрған, ыстық.* **2.** а у ы с. *Астарлы, күрделі.*

**Қоламталы мәселе.** ж е р г. *Шешімі қиын, ешкім батылдық ете алмайтын шытырман мәселе.*

**ҚОЛАН** з а т . э т н . ж е р г. **1.** *Бесікбау.* **2.** *Төсайыл.*

**ҚОЛАҢ**[1] з а т . э т н . к ө н е. *Аттың қалың қылынан немесе басқа да қылдан қалың етіп жасалған шашағы, әшекейленіп ағаш, сүйек сияқты т.б. қатты заттан жасалған сабы бар маса, шыбын-шіркейден қорынуға арналған желпеуіш құрал.*

**ҚОЛАҢ**[2] с ы н . *Қалың, жуан, ұзын (шаш).*

**Қолаң шаш.** а) *Қою қара шаш.* ә) *Сұлу қыз, ару.* **Қолаң шашты.** *Шашы қара қалың, сұлу (қыз).*

**ҚОЛАҢ**[3] з а т . *Байырғы қазақ қоғамындағы әртүрлі төмен әлеуметтік топтардың өкілдері.*

**ҚОЛАҢСА** з а т . **1.** *Жіліншікке жанаса өскен жіңішке ұзынша сүйектің ұшына ала орналасқан, майшершеуден тұратын тері қыртысы.* **2.** ж е р г. *Малдың қолтығы.* **3.** *Қолтықтан терлегенде шығатын жағымсыз сасық иіс.* **4.** а у ы с . *Сасық ой, қараниет, арам пиғыл.*

**ҚОЛАҢСАЛЫ** с ы н . *Қолаңсасы бар; сасық иісті.*

**ҚОЛАҢСЫ** с ы н . с ө й л. ***Қолаңса.***

**ҚОЛАҢШЫ** з а т . э т н . *Төмен таптың өкілі, жалданған жоқ-жітік.*

**ҚОЛАПАЙ** с ы н . *Икемсіз, ебедейсіз, орашолақ.*

**ҚОЛАПАЙЛАУ** с ы н . *Ебедейсіздеу, икемсіздеу, орашолақтау.*

**ҚОЛАПАЙСЫЗ** с ы н . *Икемсіз, ебедейсіз, дөңкиген. // Ыңғайсыз, жайсыз.*

**ҚОЛАПАЙСЫЗДАН=** е т. *Ыңғайсыздану; қысылу, қымтырылу.*

**ҚОЛАПАЙСЫЗДАНУ** *Қолапайсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАПАЙСЫЗДАУ** с ы н . *Ыңғайсыздау, икемсіздеу; дөрекілеу.*

**ҚОЛАПАЙСЫЗДЫҚ** з а т . *Икемсіздік, ебедейсіздік, ыңғайсыздық.*

**ҚОЛАРА** з а т . *Бір ғана адам кесе алатын кішкене ара.*

**ҚОЛАРАСАН** з а т . э т н . *Қолдан жасалған ыстыққа булау.*

**ҚОЛАРБА** з а т . *Қолмен итеріп жүруге болатын шағын арбашық.*

**ҚОЛАРЫҚ** з а т . *Сала-саланың арасында су жүргізу үшін тартылған кішкене арық.*

**ҚОЛАС** з а т . ж е р г. *Желкенсіз жүретін кішкене қайық.*

**ҚОЛАТ** з а т . **1.** *Таулы жерлердегі ұзынша келген, бір жағы еңіс, жайпақ қойнаулы ойпаң сайдың қолтығы.* **2.** *Таудың ойпаң жеріндегі жайылым.* **3.** ж е р г. *Шымды, қара топырақты жер.* **4.** г е о л. *Жер бедерінің аса терең емес, жайпақ болып келетін, түп жағы мен суайрығы кеңістігіне қарай біртіндеп ұласатын жұмсақ беткейлі созылыңқы еңістіктердің жалпы атауы.*

**ҚОЛАТ-ҚОЛАТ** с ы н . *Қойнау-қойнау, ойдым-ойдым.*

**ҚОЛАТТА =** е т. *Қолат-қолат ету, ойдым-ойдым қылу.*

**Қолаттап жырту.** а у ы л ш а р. *Жер танабын агромелиорациялық мақсатпен жолақтап жырту.*

**ҚОЛАТТАЙ** с ы н . **1.** *Қолат сияқты, қолат тәрізді.* **2.** а у ы с. *Иықты, еңгезердей, денелі.*

**ҚОЛАТТАУ** *Қолатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАТТЫҚ: қолаттық көлдер.** с у ш а р. *Мұз құрсауының шеткі белдемдеріндегі ерігген мұздақ суларының ежелгі ағын арналарының ойыстарына орналасқан көлдер.*

**ҚОЛАУ** з а т . *Жылқы (тай, құнан т.б.) аяғынан ақсап қалатын ауру.*

**ҚОЛАУЛА=** е т. *Ақсау, ақсаңдау.*

**ҚОЛАУЛАТ=** ет. *Ақсаңдату, аяғын сылтып басқызу.*

**ҚОЛАУЛАТУ** *Қолаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛАУЛАУ** *Қолаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛ-АЯҚ** з а т . *Қол мен аяқтың жалпы атауы.*

**Қол-аяғы балғадай.** а) *Жұп-жұмыр, толық.* ә) *Күшті, мықты, мығым.* **Қол-аяғы бекілді.** б е й н. *Біреуге немесе бір нәрсеге байлаулы болып қалды, еркінен айырылды.* **Қол-аяғы бүтін.** *Төрт мүшесі түгел, аман-сау.* **Қол-аяғы жерге тимей [тиместен].** *Жүгіріп жүріп, елпең қағып.* **Қол-аяғына күрмеу түсті.** *Еркінен айырылды, бұғауға түсті.* **Қол-аяғын бауырына алды [жиды].** *Аман-есен босанды; өз-өзіне келді.* **Қол-аяғы ұзарды.** *Анаған-мынаған жұмсап, жетісіп қалды.*

**ҚОЛБАҒАЙЛЫ: қолбағайлы түйе.** м а л ш а р. *Жүк артқанға, ұзақ жүріске жарамайтын нашар түйе.*

**ҚОЛБАЙЛАУ** з а т . *Кедергі, бөгет, тежеу.*

**Қолбайлау болды.** *Бөгет жасады, кедергі келтірді, тежеді.*

**ҚОЛБАҚЫР** з а т . **1.** *Бақыраш, ожау.* **2.** қ ұ р. *Құрылыста, сылақ жұмыстарында пайдаланылатын сауыт сияқты құрал.* **3.** ж е р г. *Су таситын шелек.* **4.** ж е р г. *Сүт пісіретін тұтқалы ыдыс.*

**ҚОЛБАЛА** з а т . **1.** к ө н е. *Кісі үйінде тұрып, барып кел, алып келге жұмсалатын бала; көмекші.* **2.** с а я т. *Қолдан баулынған, әбден үйретілген саят құсы. // Қолға үйретілген, әбден баулынған.*

**Қолбала қымыз.** э т н . *Таза, жақсы қымыз.*

**ҚОЛБАЛАДАЙ** с ы н . *Қайда жұмсаса, сонда жүгірген, елбектеген.*

**ҚОЛБАЛТА** з а т . *Жеңіл, кішкене балта.*

**ҚОЛБАҢ** е л і к. *Олпы-солпы, қолапайсыз, қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Кең, қолпылдаған, олпы-солпы.*

**Қолбаң етті.** *Қолапайсыз, қысқа қимыл-қозғалыс жасады.*

**ҚОЛБАҢДА=** е т. *Қолбаң-қолбаң ету, далбаңдау, далақтау.*

**ҚОЛБАҢДАУ** *Қолбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛБАСШЫ** з а т . ә с к. *Мемлекеттің қарулы күштерін, ірі әскери құрылымдарды басқаратын әскери басшы.*

**ҚОЛБАСШЫЛЫҚ** з а т . *Әскерді басқарушылық, бастаушылық.*

**ҚОЛБАСШЫСЫЗ** с ы н . *Қолбасшы жоқ, басқарушысыз.*

**ҚОЛБАСЫ** з а т . *Әскербасы, қол бастаған батыр, сардар.*

**ҚОЛБАСЫДАЙ** с ы н . *Қолбасы сияқты, қолбасы тәрізді.*

**ҚОЛБАСЫЛЫҚ** з а т . с ө й л. ***Қолбасшылық.***

**ҚОЛБАСЫСЫЗ** с ы н . с ө й л. ***Қолбасшысыз.***

**ҚОЛБАТША** з а т . т ү й е ш а р. *Кісі көмегімен шағылыстырылған, таза қанды, текті нар түйенің бурасының (лөк) қос өркешті түйенің інгеніне шөгерілуінен пайда болған түйе тұқымы.*

**ҚОЛБАУ** з а т . э т н . *Бесікте жатқан баланың қолын бастырып байлап қоятын жалпақ бау.*

**ҚОЛБОҚША** з а т . э т н . *Қыздардың әшекей, бетмай, бетбояу, айна, тарағын т.б. ұсақ-түйек заттарын салып жүретін шағын сөмкесі, боқшасы.*

**ҚОЛБҰРАН** з а т . к ә с і б. к ө н е. *Қолмен бұрау арқылы шахта үстіне көмір шығаратын қарапайым құрал.*

**ҚОЛБЫРА=** е т. **1.** *Олпы-солпы кең болу; қомпию, солпию.* **2.** а у ы с . *Ісіну, кебіну.* **3.** а у ы с . *Ұнжырғасы түсу, босау, солбырау.*

**ҚОЛБЫРАТ=** е т. **1.** *Қомпиту, солпиту.* **2.** *Ісінту, кебінту, солдыру.*

**ҚОЛБЫРАТУ** *Қолбырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛБЫРАУ** *Қолбыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҒАБЫС** з а т . *Көмек, жәрдем.*

**Қолғабыс берді [етті].** *Көмек көрсетті, жәрдемдесті.* **Қолғабыс көрсетті [жасады, тигізді].** *Жәрдем берді, көмектесті.* **Қолғабыс тигізді.** *Жәрдем берді, көмектесті.*

**ҚОЛҒАБЫСШЫ** з а т . *Көмекші, жәрдем етуші.*

**ҚОЛҒАНАТ** з а т . **1.** *Көмекші, жәрдемші, бір нәрсеге болысушы.* **2.** а у ы с . *Тірек, сүйеніш; серік.*

**ҚОЛҒАНАТТЫҚ** з а т . *Жәрдемшілік, көмекшілік.*

**ҚОЛҒАП** з а т . *Қолды суықтан я түрлі жарақаттан сақтау үшін, матадан, былғарыдан, резеңкеден жасалған, не жүннен тоқылған қолға киетін киім; биялай.*

**Қолғаптарды тексеру.** с п о р т. *Жарыс ережесіне сәйкес боксшы рингке көтерілгенге дейін жекпе-жекке киілетін қолғаптарды ресми екі маманның талаптар бойынша байқап тексеруі.*

**ҚОЛҒАПСЫЗ** с ы н . *Қолында қолғабы жоқ, жалаң қол.*

**ҚОЛҒАПТЫҚ** с ы н . *Қолғап боларлық, қолғап тоқуға жарарлық (мата, былғары, жүн).*

**ҚОЛДА=** е т. **1.** *Біреуді, бір нәрсені жақтау, құптау, қостау, мақұлдау.* **2.** *Рухтандыру, дем беру, жолын сәтті қылуға сеп болу.* **3.** *Демеу, демеушілік жасау, сенері, арқа сүйері болу.*

**Қолдай гөр!** м и ф. т і л е к. *Қуатта, жақта, ісіне сәттілік бер деген киелі күштерден жалынып-жалбарынып сұрауды білдіретін тілек сөз.*

**ҚОЛДАЙ**[1] з а т. к ө н е. ***Қолбасшы.***

**ҚОЛДАЙ**[2] с ы н . *Қол сияқты, қол тәрізді.*

**Ортан қолдай.** *Әжептәуір, мықты, дүрдей.*

**ҚОЛДАЙ**[3] ү с т. *Қол бойдан, қол күйінде.*

**ҚОЛДАМПАЗ** с ы н . *Кім болса соны, не болса соны қолдай беретін, мақұлдай беретін.*

**ҚОЛДАМПАЗДЫҚ** з а т . с а я с и. <лат. protectio> **1.** *Мемлекеттің меншікті тауар өндірушілерін көтермелеуге, олардың мүдделерін*

*ішкі және сыртқы рыноктардағы шетелдік бәсекеден қорғауға бағытталған саясаты.* **2.** *Мемлекеттік лауазымды қызметкердің өз қызмет өкілеттілігін асыра пайдаланып, қандай да бір заңды тұлғаға, кәсіпорынға экономикалық қолдау көрсетуі.*

**ҚОЛДАН**[1] ү с т. **1.** *Жасанды түрде, табиғи жолмен емес, өз қолымен, өзінің қатысуымен.* **2.** а у ы с. *Өз шаңырағынан.*

**Қолдан жасағандай.** *Әдейі, қасақана істегендей.* **Қолдан жасады.** а) *Ештеңенің көмегінсіз тіке, өзі қолымен дайындады.* ә) *Жасанды, табиғи емес.* б) *Ойдан құрастырды.* в) *Оңай істеді, көп қиындық келтірмеді.* г) *Біреуді өз ықтиярынсыз, күштеп, зорлықпен қажетті жайға келтірді.* **Қолдан көтерді.** *Қызмет бабында өз қолынан өсірді, өзі баулып жоғарылатты.* **Қолдан қиғандай.** б е й н. *Сүйкімді, қызығарлықтай.* **Қолдан қоректендіру.** *Жасанды жолмен, тәсілмен қоректендіру.* **Қолдан отырғызды [екті].** *Жеміс ағаштары, көшет т.с.с.-ларды бір-бірлеп өзі жерге қадады.* **Қолдан өсірді.** *Ағаш, бұта, гүл т.с.с. өскінін арнайы әкеліп, өз қолымен егіп, суарып, қарады.* **Қолдан сұрыптау.** б и о л. *Ерекше бағалы жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, тұқымдарын, сорттарын белгілі бір өнеркәсіптік, шаруашылық мақсатта жасанды жолмен сұрыптау.* **Қолдан сүт берді.** *Енесі өліп қалған не емізбеген жас төлдерге емізікпен бөтелкеге сүт дайындап қоректендірді.* **Қолдан төккен.** *Өзінде жоқ, басқа жерден арнайы әкеліп төгілген деген мағынада.* **Қолдан туғызды.** *Әдейі, алдын ала ұйымдастырылды.* **Қолдан тыныс алдыру.** с п о р т. *Жапа шеккендердің бұзылған тыныс алу жүйесін қалпына келтіру, өкпені қолдан желдету сияқты әдістер жиынтығы.* **Қолдан тігілген.** с ө й л. *Киім тігу фабрикасы не цехында емес, сол адамның өзіне ғана арнайы өлшеніп, тігін мәшинесімен тігілген (киім).* **Қолдан істеді.** *Мәшине, автоматтың қатысынсыз жеке өз қолымен, қарапайым тәсілмен жасады.* **Қолдан істелген [жасалған].** с ө й л. а) *Адамның жеке өзінің қол еңбегімен, қол өнерімен дайындалған; мәшиненің, автоматты құрылғылардың қатысынсыз.* ә) *Әдейі, қасақана ұйымдастырылған; жасанды қылық көрсеткен; алдын ала дайындалған.* в) *Адам ойлап тапқан, табиғат, болмыста жоқ.*

**ҚОЛДАН=** е т. *Бір нәрсені пайдалану, жұмсау.*

**ҚОЛДАНБАЛЫ** с ы н. *Практикалық мәні бар міндеттерді шешуге арналған.*

**Қолданбалы әлеуметтану.** т е р м. *Әртүрлі тарихи жағдайлардағы әлеуметтік заңдардың өмір сүру түрлері мен тетіктерін зерттейтін әлеуметтану ғылымының саласы.* **Қолданбалы саясаттану.** т е р м. *Саяси мәселелердің даму үрдістерін, тетіктерін зерттеумен, саяси жағдайларды талдаумен, оларды болжаудың ұстанымдық негіздерін жасаумен т.б. айналысатын саясаттану саласы.* **Қолданбалы сән өнері.** *Сәндік-қолданбалы өнер.* **Қолданбалы тіл білімі.** л и н г в. *Жалпы тіл білімінің тілтаным теориясын заман талабына сай машиналық аударма, автоматты түрде ақпар іздеу т б. практикалық міндеттерді шешуге бағыттайтын саласы.*

**ҚОЛДАНҒЫШ** с ы н. *Іске асырғыш, пайдаланғыш.*

**ҚОЛДАНДЫР=** е т. *Пайдаландыру, іске асырғызу.*

**ҚОЛДАНДЫРУ** *Қолдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАН-ҚОЛҒА** ү с т. *Біреуден екінші біреуге, бір қолдан екінші қолға.*

**Қолдан-қолға тигізбеді [түсірмеді].** *Бірінен кейін бірі іліп әкетті; қастерледі, құрметтеді.*

**ҚОЛДАНУ** *Қолдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАНУШЫ** з а т. *Пайдаланушы, іске асырушы, жұмсаушы.*

**ҚОЛДАНУШЫЛЫҚ** з а т. *Пайдаланушылық, жұмсаушылық.*

**ҚОЛДАНЫЛ=** е т. *Пайдаланылу, іске асырылу.*

**ҚОЛДАНЫЛУ** *Қолданыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАНЫС** з а т. *Пайдалану ісі, әдісі; пайдаға асу үдерісі.*

**Қолданыстан алынды.** *Пайдаланбайтын болды.*

**ҚОЛДАП: екі [қос] қолдап**. *Бір нәрсені екі қолымен ұстап, тартып.*

**ҚОЛДАП-ҚОШТАП** ү с т. *Қуаттап, жақтап, мақұлдап.*

**ҚОЛДАП-ҚУАТТА=** е т. *Біреуге моральдық тұрғыдан күш-жігер беріп көмектесуі, қол ұшын беру.*

**ҚОЛДАП-ҚУАТТАУ** *Қолдап-қуатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАС**[1] з а т. *Жақтас, тілектес, ниеттес адам; сүйеніш, тірек.*

**ҚОЛДАС**[2]**=** е т. **1.** *Бір-біріне қол беру, қол алысу, амандасу, қоштасу.* **2.** *Екі кісінің қолдарын айқастырып, бірінің қолынан бірі ұстап, бір нәрсені көтеруі.* **3.** а у ы с. *Бірігу, бірлесу, күш қосысу.*

**ҚОЛДАСТЫР=** е т. *Қол алыстыру, бітімдестіру.*

**ҚОЛДАСТЫРУ** *Қолдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАСУ** *Қолдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДАУ**[1] з а т. **1.** *Малдың алдыңғы аяғының қара етті жерінің қолтықпен түйіскен тұсы.* **2.** *Өкпе тұс, қолтық, кеуде, төс.*

**Қолдау тартпа.** э т н. *Төсайыл.*

**ҚОЛДАУ**[2] *Қолда етістігінің қимыл атауы.* // *Қуаттаушылық, жақтаушылық.*

**Қолдау жасады.** *Жақтады, қолдады.* **Қолдау көрсету.** *Көмек көрсету, демеу.* **Қолдау тапты.** *Жақталды, қолданды.*

**ҚОЛДАУЛЫҚ** з а т. *Қолдау тұс.*

**ҚОЛДАУСЫЗ** с ы н. *Қуаттаусыз, жақтаусыз.*

**ҚОЛДАУШЫ** з а т. **1.** *Қуаттаушы, жақтаушы.* **2.** *Дем беруші, рухтандырушы.*

**ҚОЛДАУШЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Қуаттаушылық, жақтаушылық.* **2.** э к о н. *Мемлекеттің ұлттық экономиканы шетелдік бәсекеден қорғау жолымен оның дамуына жәрдемдесетін экономикалық саясаты.*

**ҚОЛДИРМЕН** з а т. *Қолмен айналдырып, дән тартып, ұн жасайтын аспап.*

**ҚОЛДОП** з а т. с п о р т. <ағыл. hand-қол, ball-доп> *Қарсы жақтың қақпасына допты қолмен лақтыру арқылы кіргізуге негізделген топтық спорт ойыны; гандбол.*

**ҚОЛДОРБА** з а т. **1.** э т н. *Әдетте әйелдердің қолға ұстап жүруге арналған әшекейлі кішкене дорбасы.* **2.** ж е р г. *Сырты түрлі-түсті шүберекпен гүлденген, ішіі киіз болып келетін айна, тарақ, т.б. салатын ыдыс.*

**ҚОЛДУЫШ** з а т. ж е р г. *Кішкене құман.*

**ҚОЛДЫ** с ы н. **1.** *Тез өтіп кететін, өтімді.* **2.** а у ы с. *Жайлы, қолайлы, оңды.*

**Қолды болды.** *Ұрланды, жоғалды.* **Қолды етті**. *Ұрлатты, жоғалтты.* **Қолды қылды.** *Ұрлатты, алғызды.*

**ҚОЛДЫ-АЯҚ: қолды-аяққа тигізбеді**. *Қағып ала жөнелді, іліп ала жөнелді.*

**Қолды-аяққа тұрғызбады.** *Асықтырды, дегбірін алды* **Қолды-аяққа тұрмады.** *Тыпыршыды, шыдамсызданды, тыным таппады.*

**ҚОЛДЫ-АЯҚТАЙ** с ы н. *Оңтайлы, ыңғайлы; тіл алғыш.*

**Қолды-аяқтай бала.** *Тіл алғыш бала.*

**ҚОЛДЫ-АЯҚТЫ** с ы н. *Ыңғайлы, тіл алғыш.*

**ҚОЛДЫБАҚЫР** з а т. ж е р г. ***Шелек.***

**ҚОЛДЫҚ**[1] з а т. *Тұтқа, балдақ.*

**ҚОЛДЫҚ**[2] с ы н. *Қолға, әскерге татитын, әскер боларлық.*

**ҚОЛДЫҚ: ала қолдық**. *Бәрін бірдей көрмеушілік, алалаушылық.*

**ҚОЛДЫЛАУ: жеңіл қолдылау.** *Кішірек, шағын.*

**ҚОЛДЫЛЫҚ: ала қолдылық**. *Алалаушылық, тең көрмеушілік.*

**ҚОЛДЫРА=** е т. *Терісі құлдіреу, ісіну.*

**ҚОЛДЫРАҚ** з а т. *Қолдырап ісіп кеткен тері; құлдірек.*

**ҚОЛДЫРАТ=** е т. *Кілдірету, ісінту.*

**ҚОЛДЫРАТУ** *Қолдырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛДЫРАУ** *Қолдыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛЕҢБЕК** з а т. *Қолмен орындалатын жұмыстар.*

**ҚОЛЕТКІ** ор. з а т. с ө й л. ***Бұғау.***

**ҚОЛЖАЗБА** з а т. **1.** *Автордың қолымен жазылған жазбаша шығарма.* **2.** *Баспаға ұсынылған немесе теруге жіберілген жазба материалдың түпнұсқасы.*

**Қолжазба қоры**. *Қолжазба кітаптардан, мұрағаттардан, қолтаңба жиындарынан және бұлардан да басқа қолмен жазылған материалдардан тұратын кітапхана қорының бір бөлігі.*

**ҚОЛЖАҚ** з а т. к ө н е. ***Қолсадақ.***

**ҚОЛЖАУЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Қолорамал.***

**Қолжаулық болды.** *Әркімнің илеуінде, жетегінде бір кетті, қадірінен айырылды.* **Қолжаулық етті [қылды].** *Қорлады, басынды, мазақтады.*

**ҚОЛЖАУЛЫҚТАН=** е т. *Қолжаулық болу, жетегінде кету.*

**ҚОЛЖАУЛЫҚТАНУ** *Қолжаулықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛЖЕМ** з а т. ж е р г. *Малдың қысқы азығы үшін арнайы әзірленген жем-шөп.*

**ҚОЛЖЕТІМДІ** с ы н. *Ортақол тұтыну-шының сатып алу мүмкіндігіне лайықты.*

**ҚОЛЖУҒЫШ** з а т. *Беті-қол жуу үшін арнайы жасалған суағызғыш түтігі бар бұйым.*

**ҚОЛЖҰМЫС** з а т. *Қол еңбегі жұмсалатын іс, қара жұмыс.*

**ҚОЛЖҮК** з а т. *Жолаушыны тасымалдау үшін көлік ұйымының жауапкершілігіне тапсыратын заттары.*

**ҚОЛКЕРЕУЕТ** з а т. э т н. *Сәбилерге арналған керует-арбаша.*

**ҚОЛКЕСЕР** з а т. э т н. ж е р г. *Мал сойысқан адамға берілетін бір асым ет.*

**ҚОЛКИІЗ** з а т. ж е р г. *Тұтқыш.*

**ҚОЛКӨМЕК** з а т. с ө й л. ***Қолғанат.***

**ҚОЛКӨРІК** з а т. э т н. *Алып жүруге, тасымалдауға ыңғайлы қылып жасалған көрік түрі.*

**ҚОЛКҮЙМЕ** з а т. э т н. *Бесік-арбаша.*

**ҚОЛКҮРЕК** з а т. *Бір қолмен жұмыс істеу үшін жасалған кішкене күрек.*

**ҚОЛКҮШ** з а т. **1.** *Қолдың күші .* **2.** *Қолмен жұмыс істеуші адамдар тобы.*

**ҚОЛКІЛЕМ** з а т. э т н. *Қолдан тоқылған кілем.*

**ҚОЛҚ** е л і к. *Кең нәрсенің күп еткен қысқа қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Қолқ етті**. а) *Кең киімді кигенде қолайсыз күйге түсті, күп етті.* ә) *Бірден құлай кетті, көне кетті.*

**ҚОЛҚА**[1] з а т. <лат. aorta> **1.** а н а т. *Жүректің сол жақ қарыншасынан басталып, дененің әртүрлі мүшелеріне қан тарататын басты және ең ірі артерия.* **2.** а н а т. *Өкпе мен кеңірдектің түйіскен жері; тыныс органдарының негізгі бөлігі.* **3.** в е т. *Малдың өкпе мен кеңірдектері түйіскен жерінде болатын ауруы.*

**Қолқа атты.** *Иісі мұрын жарды, сасыды, қолқасынан өтті.* **Қолқа білезік.** э т н. з е р г. *Шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік.* **Қолқа доғасы**. а н а т. *Қолқаның доғаша иіліп келген жері.* **Қолқа құрт**. *Қолқа туберкулезі.* **Қолқаны алды [атты].** *Дем алуын қиындатты, тұншықтырды.* **Қолқаны қапты**. *Тұншықтырды, дем алғызбады.* **Қолқанды құрт жесін**. қ а р ғ. *Қолқа құртына ұшыра деген мағынадағы қарғыс сөз!* **Қолқасын суырды**. *Жанын шығарды, екі аяғын бір етікке тықты.* **Қолқасын суырып әкеткендей.** *Жанына қатты бату туралы айтылады.* **Қолқасын үзді.** *Жанын көзіне көрсетті,*

*мойнын ұзді.* **Қолқасы үзілді.** *Ындыны құрыды, жүрегі елжіреді, өлердей өбектеп кетті.*

**ҚОЛҚА**[2] зат. жерг. *Өзек.*

**ҚОЛҚА**[3] зат. этн. жерг. *Түйеге жүк артқан кезде арқанның дәл төске келетін жеріне кигізілетін киіз.*

**ҚОЛҚА**[4] зат. этн. *Шалбардың ышқырының шетін кері қайырып тіккен, ортасына жіп өткізетіндей келген түйығы.*

**ҚОЛҚА**[5] зат. **1.** этн. *Дос, туыс, жолдас адамдардың бір-бірінен бір нәрсені қалауы, сұрауы.* **2.** ауыс. *Өтініш, тілек.*

**Қолқа артты**. *Өтініш етті, тілек білдірді.* **Қолқа қылды [етті].** *Тілек білдірді, өтінді.* **Қолқаңды ал!** *Қалағаныңды, көңіліңдегіні ал.* **Қолқа салды.** а) *Бір нәрсесін қалады, қолқалады, сұрады.* ә) *Өтінді, жалбарынды.* б) *Тілегін айтты, талап етті.*

**ҚОЛҚАБЫС** зат. сөйл. ***Қолғабыс.***

**ҚОЛҚАБІЛЕЗІК** зат. этн. зерг. *Шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс болып келетін білезік түрі.*

**ҚОЛҚАЙЫР** зат. *Мұсәпірлерге берілетін көмек, жәрдем; садақа.*

**ҚОЛҚАЛА=** ет. этн. *Бірдемені сұрау, қалау, өтініш ету.*

**ҚОЛҚАЛАН=** ет. этн. *Қолқа салу, өтіну.*

**ҚОЛҚАЛАНУ** *Қолқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҚАЛАС=** ет. этн. *Бір-біріне қолқа салысу.*

**ҚОЛҚАЛАСУ** *Қолқалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҚАЛАУ** *Қолқала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҚАЛАУШЫ** зат. этн. *Өтініш етуші, қалаушы.*

**ҚОЛҚАЛЫҚ**[1] зат. сөйл. ***Қолқа.***

**ҚОЛҚАЛЫҚ**[2] сын. этн. *Өтініш етерлік, қаларлық.*

**Қолқалық қылды.** *Өтініп сұрады, тіледі.*

**ҚОЛҚАН** зат. жерг. кәс. *Көп боталаған кәрі інген.*

**ҚОЛҚА-НАЗ** зат. *Назды өтініш, тілек.*

**ҚОЛҚАНАТ** зат. сөйл. ***Қолғанат.***

**Қолқанат болды.** *Қолды-аяқтай, арқасүйер, көмекші болды.*

**ҚОЛҚАНАТТЫҚ** сын. *Қолғанат боларлық.*

**ҚОЛҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. chiroptera> *Алдыңғы аяқтары ұшу қанатына айналған сүтқоректілер класының бір тобы.*

**ҚОЛҚАНДАЙ** сын. сөйл. ***Қолақпандай.***

**ҚОЛҚАРАСЫҚ** зат. этн. *Арқардың (құлжаның) асығы.*

**ҚОЛҚАСЫЗ** сын. *Сұраусыз, өтінішсіз.*

**ҚОЛҚАУАША** зат. кәс. егіншар. *Қолдан егілген мақта.*

**ҚОЛҚАУҒА** зат. кәс. балықшар. *Жазғытұрым судың иірімді жеріне ұстап балық аулайтын құрал.*

**ҚОЛҚАШЫ** зат. этн. *Қолқа салушы, қолқалаушы.*

**ҚОЛҚАШЫЛ** сын. *Қолқалағыш, өтінгіш.*

**ҚОЛҚ-ҚОЛҚ** елік. **1.** *Кең нәрсенің өте жайсыз, қолапайсыз қайталанған қимылын бейнелейтін сөз.* **2.** *Кең нәрсенің қуысынан ауаның шыққандағы қайталанған дыбысты білдіретін сөз.*

**Қолқ-қолқ етті.** *Қолқылдады, қолпылдады.*

**ҚОЛҚЫЛДА=** ет. *Қолқ-қолқ ету, қолпылдау.*

**ҚОЛҚЫЛДАҚ** сын. *Тым кең, боп-бос.*

**ҚОЛҚЫЛДАТ=** ет. *Қолқ-қолқ еткізу, қолпылдату.*

**ҚОЛҚЫЛДАТУ** *Қолқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҚЫЛДАУ** *Қолқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛҚЫРЫҚТЫҚ** зат. *Малдың жүнін қырқуға арналып жасалған механикалық қайшы.*

**ҚОЛМА-ҚОЛ** үст. *Дереу, бірден, іле-шала, бөгелместен, кідіріссіз.*

**Қолма-қол есеп айырысу.** экон. *Сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің ақысын сатып алушылардың бірден қолма-қол ақшамен төлеуі немесе оларды алуға арналған құжаттарды беруі.*

**ҚОЛМА-ҚОЛТЫҚ** үст. *Қолдарымен бірбірінің қолтығынан ұстап.*

**ҚОЛОҚ** зат. этн. *Үлкен әрі мықты жебе.*

**ҚОЛОРАҚ** зат. *Астық, шөп т.б. қолмен ору үшін қолданылатын құрал.*

**ҚОЛОРАМАЛ** зат. жерг. *Бет пен қолды сүртуге арналған шағын сүлгі.*

**ҚОЛОТКІ** ор. зат. *Кісен.*

**ҚОЛӨНЕР** зат. **1.** *Қарапайым еңбек құралдарының көмегімен қажетті әртүрлі бұйымдар жасайтын қол өндірісі.* **2.** *Әдетте әйел адамының айналысатын тігін тігу, кесте салу, сырмақ сыру, т.б. сияқты қолөнбегі.* **3.** *Қандай да бір бұйым, зат жасап шығаруға баулитын кәсіп.*

**Қолөнер училищесі.** пед. *Түрлі шеберлікке үйрететін, арнаулы білім беретін орта дәрежелі оқу орны.*

**ҚОЛӨНЕРЛІК** сын. *Қолөнеріне үйрететін.*

**ҚОЛӨНЕРШІ** зат. *Қолөнерімен айналысушы шебер.*

**ҚОЛӨНЕРШІЛІК** зат. *Қолөнермен айналысушылық.*

**ҚОЛП** елік. *Кең заттың басқа затпен қысқа, босаң жанасуын бейнелейтін сөз.*

**Қолп етті.** а) *Қолқ етті.* ә) *Бірден келісе кетті, көне салды.*

**ҚОЛПАНДАЙ** сын. сөйл. ***Қолақпандай.***

**ҚОЛПАРА** зат. *Заттай, ақшалай т.б. түрде бір қолдан екінші қолға тікелей берілетін пара.*

**ҚОЛПАШ** зат. *Біреуге көрсетілген қошамет, мадақ, қолдау. // Қолдауды, қошамет, құрметті, мадақты білдіретін.*

**ҚОЛПАШСЫЗ** сын. *Дәріптеусіз, мадақсыз.*

**ҚОЛПАШТА=** ет. **1.** *Көтермелеу, мадақтау, дәріптеу.* **2.** жағымсыз. *Біреуге жағыну үшін өтірік көтермелеу, қолтығына су бүрку.*

**ҚОЛПАШТАЛ=** ет. *Мадақталу, дәріптелу.*

**ҚОЛПАШТАЛУ** *Қолпаштал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛПАШТАТ=** ет. *Мадақтату, дәріптету.*

**ҚОЛПАШТАТУ** *Қолпаштат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛПАШТАУ** *Қолпашта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мадақтау, дәріптеу.* **2.** жағымсыз. *Жағыну, өтірік мақтау.* жок *// Көтермелегендік, мадақ, дәріп. // Көтермелеу, дәріптеу мәнді, қошеметті білдіретін.*

**ҚОЛПАШТАУШЫ** зат. *Көтермелеуші, мадақтаушы, дәріптеуші.*

**ҚОЛПАШТАУШЫЛЫҚ** зат. *Мадақтаушылық, көтермелеушілік, дәріптеушілік.*

**ҚОЛПАШШЫЛ** сын. *Қолпашты, дәріптеуді сүйетін (адам); мадақшыл.*

**ҚОЛП-ҚОЛП** елік. *Кең заттың басқа затпен қайта-қайта босаң жанасуын бейнелейтін сөз.*

**Қолп-қолп етті.** *Қолқылдады, қолпылдады.*

**ҚОЛПЫЛДА=** ет. *Кең болғандықтан, қолп-қолп ету, қолқылдау.*

**ҚОЛПЫЛДАТ=** ет. *Қолп-қолп еткізу, қолқылдату.*

**ҚОЛПЫЛДАТУ** *Қолпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛПЫЛДАУ** *Қолпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛСАҒАТ** зат. *Қолға тағатын, бауы бар сағат.*

**ҚОЛСАМАР** зат. кәс. *Ағаштан ойып жасалған астау, науа.*

**ҚОЛСАНДЫҚ** зат. этн. *Жол жүргенде қажетті заттар салынатын, төрт бұрышты, аузы құлыптанатын сандықша.*

**ҚОЛСАУДА** зат. *Жекелеген заттарды, майда-шүйдені сататын жаяу-жітіктің ұсақ саудасы.*

**ҚОЛСОЗЫМ** зат. этн. *Бір қолды керіп созғандағы қашықтық мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**Қолсозым жер.** халықтық өлшем. *Қол жетер қашықтық, тым жақын жер.*

**ҚОЛСЫЗ** сын. *Қолы жоқ.*

**ҚОЛТАҢБА** зат. **1.** <грек. autos-өзі, grapho-жазамын> *Автордың кітап, қағаз бетіне өз қолымен жазған жазуы, қойған қолы.* **2.** *Құрылыс, өнер, мәдениет істеріндегі өзіндік ерекшелігі, стильдік өрнегі.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің белгісі, ізі.*

**ҚОЛТАҢБАЛЫҚ** сын. *Өзіне тән, шығармашылық.*

**ҚОЛТАРТПА** зат. жерг. ***Шалғы.***

**ҚОЛТАУЛА=** ет. жерг. *Аздап ақсау, сылту.*

**ҚОЛТАУЛАУ** *Қолтаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛТОҚПАҚ** зат. этн. *Бір нәрсені (қазық, қада т.б.) қағуға, ұруға арналған, басы жұмыр әрі салмақты, қолға ұстайтын сабы бар келтек ағаш.*

**ҚОЛТОҚПАҚТАЙ** сын. **1.** *Қолтоқпақ сияқты, қолтоқпақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай, шағын.*

**ҚОЛТУМА**[1] зат. *Авторлық шығарма.*

**ҚОЛТУМА**[2] сын. **1.** *Қолда туып-өскен, тәрбиеленген (адам).* **2.** *Қолда өсірілген (жануар).* **3.** *Табиғи емес, жасанды.* **4.** ауыс. *Өзіне тән, өзіндік.*

**Қолтума бие.** этн. *Үйірге қосылмай, жасынан бір адамның (шаруаның) қолында бағылып өскен бие.*

**ҚОЛТУЫНДЫ** зат. сөйл. ***Қолжазба.***

**ҚОЛТҰЗАҚ**[1] зат. көне. *Үлкен, мықты тұзақ.*

**ҚОЛТҰЗАҚ**[2] зат. ойын. *Екі ұшы түйықталған жіңішке жіпті екі қолының саусақтарына тең іліп алып, жіпті әрқилы ілмектеп «астау», «кебеже», «қап», «кереге» сияқты әртүрлі тең фигуралар жасап, екі ойыншы бір-бірінен саусақтарымен қолдарына көшіріп алып шалып ойнайтын ойын.*

**ҚОЛТЫҚ**[1] зат. **1.** анат. <лат. axilla> *Адамның, жануарлардың иық иінінің ішкі жағы, қолдың төспен ұштасқан тұсы.* **2.** *Киім жеңінің бойымен астасқан жері.* **3.** ауыс. *Белгілі бір мекен-жайдың я орман-тоғай, сай-саланың тасалау, ықтасындау, ойпаңдау жері.* **4.** ауыс. *Қол асты, қарамағы.*

**Қолтығына демесін болу.** *Сүйеу болу, көмектесу.* **Қолтығына дым бүрікті**. а) *Біреуді біреуге айдап салды, қарсы қойды, шағыстырды.* ә) *Қолпаштап, желіктірді.* **Қолтығына ел сыйды.** *Тату-тәтті, бірлікте тіршілік етті.* **Қолтығына кірді.** *Біреуді арқа тұтты, паналады; жақындасып, сеніміне кіріп алды, оң қолы болды.* **Қолтығына қысты**. *Панасына алды, қамқорлық етті.* **Қолтығынан алды**. *Сүйеді, демеді.* **Қолтығынан демеді [сүйеді].** а) *Жүріп- тұруы ауырлаған қарт кісіні қолтығынан сүйемелдеді, жәрдем берді.* ә) *Қамқоршы болды, демеуші болды.* **Қолтығынан жебеді**. *Демеу берді, сүйеді, қолдады.* **Қолтығына паналады.** *Біреуді сүйеніш етті, қамқорында болды.* **Қолтығына су бүрікті**. а) *Желіктірді, жел берді; айдап салды.* ә) *Айдап салды, желіктірді, қайрады, шағыстырды.* **Қолтығына түсті.** *Ықпалына түсті, бағыныштары болды.* **Қолтығына тығылды**. *Паналады, қорғаныш етті.* **Қолтығында жүрді**. *Панасында, аясында, қамқорында болды.* **Қолтығында кетті [кете барды].** жағымсыз. *Қыз, әйел, адамның жеңіл жүрісі туралы айтылады.* **Қолтығын сөгу**. этн. *Жүйрік аттың қолтық тұсындағы тамырынан арам қан ағызу тәсілі.* **Қолтығы сөгілді [жыртылды]**. *Бәйге аты бауырын жазып, көсіле шапты.* **Қолтыққа өту.** спорт. *Белдесу кезінде қолтықтың астынан өтіп қарсыласының қапталынан не сырт жағынан шығып кететін балуанның әрекет-амалы.*

**ҚОЛТЫҚ**[2] зат. геогр. **1.** *Мұхит, теңіз, көлдің құрлыққа ішкерілей жіңішкере кірген бөлігі; қойнау.* **2.** *Өзен аңғарының кілт бұрылатын тұстарында пайда болатын, ағын баяулайтын не*

*теріс ағатын шағын шығанақ.* **3.** *Құрлық жердің жіңішкеленіп теңізге сұғынған бөлігі.* **4.** *Кең сай, шабындық.*

**ҚОЛТЫҚГҮЛ** з а т. ө с. <лат. middendorfia> *Тергүл тұқымдасына жататын мамыр-тамыз айларында гүлдеп, қыркүйекте жеміс салатын біржылдық өсімдік.*

**ҚОЛТЫҚСАБАҚ** з а т. ө с. <лат. talassia> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОЛТЫҚСҮЙЕР** з а т. э т н. *Беташар рәсімін өткізгенде жаңа түскен келіннің екі жағында қолтығынан ұстап, бірге сәлем салып тұрған екі жеңгесіне берілетін кәде (мата, орамал т.б.).*

**ҚОЛТЫҚТА=** е т. **1.** *Қолының ішкі жағынан ұстау, қолтығынан алу.* **2.** э т н. *Кетуге жиналған үлкен кісіні не сыйлы қонағын қолтығынан демеп, құрметтеп шығарып салу.* **3.** *Бір затты қолтық астына қыстырып ұстау.* **4.** а у ы с. *Демеу, жәрдемдесу, көмектесу.*

**ҚОЛТЫҚТАС=** е т. *Бір-бірін қолтықтап жүру; қолдың қар тұсынан білекті орай ұстасу.*

**ҚОЛТЫҚТАСУ** *Қолтықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛТЫҚТАУ** *Қолтықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛТЫҚТҰМАР** з а т. э т н. *Тіл-көзден, бәле-жаладан, жын-шайтаннан қорғайды деген сеніммен көбінесе жас балалар киімінің қолтық тұсына тағылатын үшбұрышты не төртбұрышты келген қорғаныш зат.*

**ҚОЛТЫҚТАУШЫ** з а т. *Жәрдемші, сүйеніш.*

**ҚОЛТЫҚША¹** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Үшкіл өрнегінің ішкі ойыс жағы.*

**ҚОЛТЫҚША²** ү с т. *Қолтық тәрізді, қолтық секілді.*

**ҚОЛТЫРАУ** з а т. с ө й л. ***Қолтырауын.***

**ҚОЛТЫРАУДАЙ** с ы н. с ө й л. *Қолтырау сияқты, қолтырау тәрізді.*

**ҚОЛТЫРАУЫН** з а т. з о о л. <лат. crocodylia> *Бауырымен жорғалаушылар класының архозаврлар тармағына жататын денесі кесірткеге ұқсас, тропикалық аймақтарда мекендейтін ірі су жануары.*

**ҚОЛТЫРМА** з а т. *Қолмен жұмыс жасауға арналған шағын тырма, тырмауыш.*

**ҚОЛТЫРМАШ¹** з а т. *Арқаға көтерген жүк (отын, құрай т.б.) бұлтақтап қозғалмас үшін, оны көлденеңінен бастырып қоятын жіп.*

**ҚОЛТЫРМАШ²** з а т. э т н. *Бала ерінің (ашамай) екі қасының арасына жүргізілген сырық ағаш.*

**ҚОЛТЫРМАШ³** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Кестенің айқыш-ұйқыш өрнегінің атауы.*

**ҚОЛТЫРМАШТА=** е т. *Арқадағы жүкті бұлтақтамас үшін көлденеңінен бастырып таңып қою.*

**ҚОЛТЫРМАШТАУ** *Қолтырмашта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЛТІС** з а т. ж е р г. *Ағаш соқа.*

**ҚОЛҰСТАТАР** з а т. э т н. *Қыз жеңгелерінің қалыңдықтың қолын ұстатқаны үшін күйеу жігіттен алатын кәдесі.*

**ҚОЛҮЗБЕК** з а т. ж е р г. о й ы н. ***Айгөлек.***

**ҚОЛҮЗДІК** з а т. э т н. *Іске көмектескені үшін берілетін заттай сый; соғым сойғанда мал иесінің қасапшыға беретін омыртқа, ауызомыртқа сияқты кәдеге жүре бермейтін еттер.*

**ҚОЛФОНАРЬ** *Батареямен жанатын, қолға ұстайтын шам, фонарик.*

**ҚОЛХАТ** з а т. **1.** *Бір нәрсені алғандығын жазбаша түрде растап, қол қойған қағаз.* **2.** з а ң. *Заңды немесе жеке тұлғаның қолымен куатталған және бұл тұлғаның басқа тұлғадан ақша, тауар, материалдық құндылықтар, заттар т.б. алғанын және оны қайтаруға міндеттенетінін куәландыратын құжат.*

**ҚОЛША** ү с т. ж е р г. *Қолма-қол.*

**ҚОЛШАЛҒЫ** з а т. к ә с. *Адам бойындай тік ағашсаптың басына имектеу келген жүзі өткір темір орнатылған шөп шабуға арналған құрал.*

**ҚОЛШАНА** з а т. *Балалардың қыс кезінде сырғанап ойнайтын шанасы; шағын шана.*

**ҚОЛШАРШЫ** з а т. ж е р г. ***Қолорамал.***

**ҚОЛШАТЫР** з а т. *Адамдардың жауын-шашыннан, аптап ыстықтан қорғану үшін ұстайтын, қолға ұстауға арналған сабы бар, шағын келген жиналмалы шатыры.*

**ҚОЛШАТЫРДАЙ** с ы н. *Қолшатыр сияқты, қолшатыр тәрізді.*

**ҚОЛШОҚПАР** з а т. **1.** *Ерте кездегі жорықшылардың, батырлардың қаруы (бір құлашқа таяу шоқпар ағаш).* **2.** а у ы с. *Біреудің сойылын соғу, сөзін сөйлеуші.*

**Қолшоқпар болды.** *Біреудің сойылын соқты, сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.*

**ҚОЛШЫҒЫР** з а т. э т н. ж е р г. *Құдықтан су тартып шығару үшін, құдық аузына орнатылып, қолмен бұралатын, қарапайым жүк көтергіш ағаш құрал.*

**ҚОЛШЫҒЫРЛЫ** с ы н. э т н. *Қолшығыры бар, қолшығыр отанылған.*

**ҚОЛШЫЛ** с ы н. ж е р г. *Күшті, мықты.*

**ҚОЛШЫЛДЫҚ** з а т. ж е р г. *Күштілік, мықтылық.*

**ҚОЛЫ-БАСЫ** з а т. *Қолы да, басы да.*

**ҚОЛЫҚ** з а т. *Тибет елін мекен ететін ұлт.*

**ҚОЛЫ-ҚОЛЫНА: қолы-қолына жұқпай [тимей].** *Тез, көз ілеспей, ылдым-жылдым.*

**Қолы-қолына жұқпайды.** *Жылдам, ширақ қимылдайды, тез-тез істейді.*

**ҚОЛЫНДА** ү с т. **1.** *Қарауында, қамқорында.* **2.** *Иелігінде, билігінде.*

**Қолында кетті.** *Біреу алып кетті, кім көрінген пайдаланды.*

**ҚОЛІЛГЕК** з а т. э т н. ж е р г. *Сырткиімнің әшекейі.*

**ҚОМ** з а т. **1.** *Түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота майы; өркештің қабырғаға қарай төмен түскен етегі.* **2.** *Түйеге жүк арту үшін, оның қос өркеші мен жотасын (қомын) орай салынатын қабат-қабат киіз; өрелі киізден немесе туырлықтан жасалған уақытша жазы.* 3. *Өркешті айналдыра киізбен орап теңдеген жүк.*

**Қом арқан.** э т н. *Түйеге жүк таңу үшін қомға бекітілетін байлау жіп.* **Қом байланды [басты].** а) *Май жинады, семірді.* ә) *Мал жиды, байыды, дәулеті артты.* **Қом ер.** э т н. *Жүк аттың арқасына батпай, екі жаққа тең орналасып, жақсы жайғасу үшін қолданылатын ер.* **Қом жиды [жасады].** *Семірді, қоңданды.* **Қом көтеру.** *Ет алу, семіру.* **Қом су.** *Қомақты ірім су.* **Қомы астаудай.** б е й н. *Таудай болып семірген немесе үлкен түйеге қатысты теңеу сөз.*

**ҚОМАҒАЙ** с ы н. **1.** *Тамақсау, ашқарақ.* **2.** а у ы с. *Тойымсыз, ынсапсыз, қанағатсыз.* **3.** а у ы с. *Ішіп-жеп, тінте қараған, ашкөз.*

**ҚОМАҒАЙЛАН=** е т. **1.** *Бірдеңені апыл-ғұпыл жеу, ашқарақтану.* **2.** а у ы с. *Бірдемеге шектен тыс әуестену, құмарлану.* **3.** а у ы с. *Тінте қарау.* **4.** а у ы с. *Жалмау, жайпау.*

**ҚОМАҒАЙЛАНУ** *Қомағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМАҒАЙЛАУ** с ы н. *Тамақсаулау, ашқарақтау.*

**ҚОМАҒАЙЛЫҚ** з а т. **1.** *Ашқарақтық, тамақсаулық.* **2.** а у ы с. *Бірдеңеге шектен тыс әуестеншілік, құмарлық.*

**ҚОМАҚ** з а т. *Бір нәрсенің мөлшері, саны.*

**ҚОМАҚТА=** е т. **1.** *Көлемін арттыру, үлкейту, аумақты ету.* **2.** *Бір жерге жинау, шоғырлау.* **3.** ж е р г. *Бау-бақшадағы жеміс-жидек ағаштары мен көкөністің топырағын қопсыту, жинақтау.* **4.** *Көлемін байқау, мөлшерлеу.* **5.** а у ы с. *Қосып айту, өсіру.* **6.** а у ы с. *Дайындау, сайлау.*

**ҚОМАҚТАЛ=** е т. **1.** *Үлкейтілу, аумақты етілу, ұлғайтылу.* **2.** *Жинақталу, топтастырылу, шоғырлану.* **3.** *Көбею, саны арту, өсу.*

**ҚОМАҚТАЛУ** *Қомақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМАҚТАН=** е т. **1.** *Үлкею, ұлғаю, ауқымдану.* **2.** *Көбею, саны арту, топтану.*

**ҚОМАҚТАНДЫР=** е т. **1.** *Ұлғайттыру, ауқымдандыру.* **2.** *Көбейту, санын арттыру.* **3.** а у ы с. *Қосып айту, өсіру.* **4.** а у ы с. *Аузын толтырып мақтану.*

**ҚОМАҚТАНДЫРУ** *Қомақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМАҚТАНУ** *Қомақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМАҚТАУ** *Қомақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМАҚТЫ** с ы н. **1.** *Үлкен, аумақты, көлемді.* **2.** *Көп, мол, күрделі.*

**ҚОМАҚТЫЛАУ** с ы н. **1.** *Үлкендеу, аумақтылау, көлемдірек.* **2.** *Көптеу, молдау.*

**ҚОМАҚТЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Көлемділік; аумақтылық.* **2.** *Ірілік, үлкендік.*

**ҚОМАРҚАН** з а т. э т н. к ә с. м а л ш а р. **1.** *Түйеге жүк таңу үшін екі ұшы қомға бекітілген арқан.* **2.** *Түйеге кереге артқанда екі қапталдағы керегенің басын қосып байлайтын арқан.*

**ҚОМДА¹=** е т. к ә с. *Түйенің үстіне қом салу, қом байлау.*

**ҚОМДА²=** е т. *Қолын, иығын, қанатын т.б. көтеру, қимыл-қозғалысқа ыңғайлау.*

**ҚОМДАЛ¹=** е т. *Қом салыну, қом байлану.*

**ҚОМДАЛ²=** е т. **1.** *Қимыл-қозғалыс жасауға ыңғайлану, сайлану.*

**ҚОМДАЛУ¹** *Қомдал¹ етістігінің қимыл атауы; қом салыну.*

**ҚОМДАЛУ²** *Қомдал² етістігінің қимыл атауы; қолын, иығын көтеру.*

**ҚОМДАН¹=** е т. **1.** *Түйенің семіруі, қоңдана түсуі.* **2.** а у ы с. *Қомақталу, көлемі арту.*

**ҚОМДАН²=** е т. **1.** *Ұшуға ыңғайлану, қанатын көтеру, қимыл-қозғалыс жасауға ыңғайлану, сайлану.* **2.** а у ы с. *Әзірлену, дайындық жасау, сайлану.*

**ҚОМДАНДЫР=** е т. **1.** *Ынталандыру, жігерлендіру.* **2.** а у ы с. *Биіктету, шарықтату.*

**ҚОМДАНДЫРУ** *Қомдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМДАНУ** *Қомдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМДАНЫС=** е т. *Даярлық жасасу, әзірленісу.*

**ҚОМДАНЫСУ** *Қомданыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМДАС=** е т. *Түйеге қом жасау, қом артысу.*

**ҚОМДАСУ** *Қомдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМДАТ=** е т. **1.** *Қанатын көтертіп жиғызу.* **2.** а у ы с. *Баптау, қатарға қосу.*

**ҚОМДАТУ** *Қомдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМДАУ¹** *Қомда етістігінің қимыл атауы; түйенің үстіне қом салу.*

**ҚОМДАУ²** *Қомда етістігінің қимыл атауы; қолын, иығын, қанатын т.б. көтеру, қимыл-қозғалысқа ыңғайлау.*

**ҚОМДАУЛЫ** с ы н. *Қом салынған.*

**ҚОМДЫ** с ы н. **1.** *Қом салынған, қомданған.* **2.** *Күйлі, семіз, қоңды. // Күйлі, семіз, қоңды мал (түйе).*

**ҚОМДЫҚ** з а т. **1.** *Түйенің қомы, жота майы.* **2.** *Түйенің арқасы, қом тұратын жер.*

**ҚОМП** *Күңк ете қалған қысқа дыбысты бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Қомп етті.** *Қысқа сөйледі, күңк ете қалды.*

**ҚОМПАЙ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің көлемі өсіп, үлкею, қампаю.* **2.** *Аузы томпаю, ұрты бұлтию.* **3.** а у ы с. *Әлдеқандай болу, болып-толу, дардию.*

**ҚОМПАЙТ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің көлемін үлкейту, қампайту.* **2.** *Аузын томпайту, ұртын бұлтиту.* **3.** а у ы с. *Өсіру, әсірелеу, асыра айту.*

**ҚОМПАЙТУ** *Қомпайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПАҢ** е л і к. *Қозғалақтаған, ебедейсіз қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**ҚОМПАҢДА=** е т. **1.** *Қомпаң-қомпаң етіп ебедейсіз қимылдау, қорбаңдау.* **2.** *Қозғалақтап отыра алмау.* **3.** *Аузын томпайтып сөйлеу.*

4. ауыс. *Өкпелеу, ренжу.* 5. ауыс. *Мерейі үстем болу, қуану.*

**ҚОМПАҢДАС=** ет. 1. *Компаң-компаң етісу.* 2. ауыс. *Мерейлері өсіп, қуанысу, масаттану.*

**ҚОМПАҢДАСУ** *Қомпаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПАҢДАТ=** ет. *Ауыз бен ұртты дөңгелете, томпайта қимылдату.*

**ҚОМПАҢДАТУ** *Қомпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПАҢДАУ** *Қомпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПАҢ-ҚОМПАҢ** елік. *Қайта-қайта қозғалақтап, томпаң-томпаң еткен арсың-гүрсің қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Қомпаң-қомпаң етті.** а) *Қомпаңдады, арсың-гүрсің, ебедейсіз қимыл жасады.* ә) *Мәз-мәйрам болды.*

**ҚОМПАЮ** *Қомпай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПИ=** ет. 1. *Қомпайып ісіну, торсию.* 2. *Аузын томпиту, бұлтиту.* 3. ауыс. *Дардию, әлдеқандай болу.*

**ҚОМПИТ=** ет. 1. *Қомпайту, бұлтиту, толтыру, торситу.* 2. *Аузын не ұртын дөңгелете томпита қимылдату.* 3. ауыс. *Өсіру, әсірелеу, үлкейту.*

**ҚОМПИТУ** *Қомпит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПИЫС=** ет. *Ірісіну, кісімсіну.*

**ҚОМПИЫСУ** *Қомпиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПИЮ** *Қомпи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМП-ҚОМП** елік. *Қайта-қайта күмп етіп қысқа шыққан дыбысты бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Қомп-қомп етті.** а) *Аузын толтырып, ұртын бұлтитып сөйледі.* ә) *Қомпылдады, күмп-күмп етті.*

**ҚОМПЫЛ** зат. *Қомпаңдап сөйлегендік, қомпылдағандық, қомп еткен дыбыс.*

**ҚОМПЫЛДА=** ет. 1. *Аузын толтырып, ұртын бұлтитып сөйлеу.* 2. *Қомп-қомп етіп бырқылдау, ұрсу.* 3. *Есімше формасында тұрып, ірі, дәу, семіз деген мағынаны білдіреді.*

**ҚОМПЫЛДАТ=** ет. *Масаттандырту, қомпайту.*

**ҚОМПЫЛДАТУ** *Қомпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМПЫЛДАУ** *Қомпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМСЫЗ** сын. *Қомы жоқ, қом салынбаған.*

**ҚОМСЫН=** ет. 1. *Азсыну, аз деп табу.* 2. ауыс. *Көңілі толмау, менсінбеу, олқысыну.*

**ҚОМСЫНТ=** ет. *Көңілі толмастай ету.*

**ҚОМСЫНТУ** *Қомсынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМСЫНУ** *Қомсын етістігінің қимыл атауы.* 1. *Азсыну, аз деп табу.* 2. ауыс. *Менсінбеу, көңілі толмау.*

**ҚОМСЫНЫҢҚЫРА=** ет. 1. *Азырқану.* 2. *Аздап қомсыну, көңілі толыңқырамау.*

**ҚОМСЫНЫҢҚЫРАУ** *Қомсыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМША[1]** зат. 1. *Түйенің қомы; кішірек қом.* 2. *Тозығы жеткен, ескі-құсқы киіз, төсеніш.* 3. жерг. қолөнер. *Сырмақ.*

**Қомша жабу.** этн. *Жауын-шашында арықтұрақ, әлсіз түйелерге, тайлақ, боталарға жауып қоятын жабу.*

**ҚОМША[2]: қолын қомшаға малды.** жерг. *Қолын жылы суға малды.*

**ҚОМША-ҚОМША** үст. *Алба-жұлба, өрім-өрім.*

**ҚОМШАЛАН=** ет. *Ескіру, тозу, өрім-өрімі шығу.*

**ҚОМШАЛАНУ** *Қомшалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОМШАЛЫҚ** зат. этн. *Түйеге қомдалған жүк.*

**ҚОМШАЛЫ** сын. этн. *Қомына жүк артылған (түйе).*

**ҚОМШЫ: қолын қомшыға малды.** сөйл. ***Қолын қомшаға малды.***

**ҚОМЫЗ** зат. этн. муз. *Қырғыз халқының ағаштан шауып жасаған үш ішекті, пернесіз, шертіп ойналатын ұлттық музыкалық аспабы.*

**ҚОМЫЗШЫ** зат. этн. муз. *Қомызда ойнаушы, қомыз тартушы адам.*

**ҚОМЫТ** зат. 1. *Ескі-құсқы, тозған, кірлеген киім-кешек.* 2. *Жүн-жұрқа.*

**ҚОМЫТСЫН=** ет. сөйл. ***Қомсыну.***

**ҚОМЫТСЫНУ** *Қомытсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОН=** ет. 1. *Ұшып келе жатқан құс не қанатты жәндіктің қанаттарын жинап, ұшуын доғарып жерге, талға т.б. табан тіреп отыруы.* 2. *Әуедегі ұшақтың белгіленген жерге келіп түсуі, ұшуын тоқтатуы.* 3. *Көшкен ел-жұрттың үй тігіп, уақытша мекендеуі, белгілі бір жерге тұрақтауы.* 4. *Түнеп шығу.* 5. *Бір жерге жайғасу, отыру.* 7. ауыс. *Киімнің шақ келуі, құйып қойғандай, жарасып кетуі.*

**Қона жатты**. *Бірнеше күн қатарынан қонды, жата-жастанды.* **Қона кетті [қалды].** *Киім құйып қойғандай болды, тура келді; жарасты.* **Қонарын сай, көшерін [ұшарын] жел біледі.** *Қайда барары, не істері белгісіз, өзінде ерік жоқ адам туралы айтылады.*

**ҚОНАҒА** үст. *Кешке қарай, кешқұрым; қонатын мезгіл.*

**ҚОНАҒАЛЫ: қонағалы уақыт.** *Күн кешкірді, қараңғы болды.*

**ҚОНАҒАСЫ** зат. ***Қонақасы.***

**ҚОНАҒУАР** зат. ***Қонақуар.***

**ҚОНАҚ[1]** зат. 1. этн. *Жолаушылап келе жатып, үйге түскен бейтаныс адам, құдайы қонақ.* 2. *Бір үйге я бір елге сый-сияпат көрсетіліп, арнайы шақырылған мейман.* 3. *Келім-кетім адам.* 4. сөйл. *Уақытша бірге тұратын адам.* 5. діни. *Өткінші, тұрақты емес; жалған.*

**Қонағым өз үйіңді де ойлай отыр.** *Өзіңнің әл-шамаңды байқа, өзіңді ескер; өз халіңді, шама-шарқыңды еске ала отыр деген мағынада.* **Қонақ арылмады.** *Қонақсыз отырмады, келім-кетім үзілмеді.* **Қонақ аттандырды.** *Мейманды сый-сияпатпен шығарып салды.* **Қонақ бала**. этн. *Қыз бала.* **Қонақ болды**. *Мейман болды, қонды.* **Қонақ етті**. *Қонақ қылды; сыйлады, құрметтеді.* **Қонақ жабдығы.** *Қонаққа ас-тағам әзірлеу ісі, қонақ қамы.* **Қонақ күту.** *Мейманды сыйлау, құрметтеу салты.* **Қонаққа барғыш.** *Біреудің үйіне қонақ болғанды жақсы көретін, дәмге шақырған жерден қалмайтын.* **Қонаққа барғыштады.** *Қайта-қайта қонақ болды, дәмге шақырған жерге бара берді.* **Қонаққа барды**. *Мейман болды.* **Қонаққа қол шайғызды.** этн. *Қазақ дәстүрі бойынша үйге келген қонақты сыйлау, үлкен кісіге құрмет нысаны ретінде үй иесі немесе қонақ күтіп жатқан үйдің балалары арнайы су құйып, оларға қол жуғызды.* **Қонаққа шақырды.** *Мейман етті, босағасын көрсетті.* **Қонақ қылды**. *Қонақ етті, сыйлады, құрметтеді.* **Қонақ хақы**. этн. *Қонақтың өзі келген үйін сыйлап, әдеп сақтауы.*

**ҚОНАҚ[2]** зат. өс. <лат. echinochloa> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОНАҚ[3]** зат. этн. жылқышар. *Ердің алдыңғы және артқы қасы бекітілетін ортаңғы ағашы.*

**ҚОНАҚАСЫ** зат. этн. 1. *Қонаққа арнайы сойылған малдың етінен асылған тамақ.* 2. *Алыстан келген қонақтарға берілетін ас [Әдетте қонақасы о дүниелік болған адамның үй ішіне көңіл айту үшін алыстан келген қонақтарға беріледі. Марқұмның жерленетін, жетісін, қырқын, жүзін, құдайысын беретін күннен бір күн бұрын ірі қара, уақ мал сойылып, жайғастырылады. Сол күні кешке сойылған ірі қара мен қойдың етінің бір бөлігі асылып, кешкі ас дайындалады. Бұл кешкі асты алыстан келген қонақтар, қызмет қып жүрген адамдар жейді].* 3. *Алыстан келген қонақтарға берілетін асқа сойылған мал.*

**Қонақасы берді.** *Қонағын мал сойып, күтті.* **Қонақасыға зарлы**. *Берері жоқ, жарлы-жақыбай.* **Қонақасын берді.** этн. а) *Қонақ етіп, ас берді.* ә) діни. *Қайтыс болған адамның жетісін, қырқын, жылын берерден бір күн бұрын алыстан келгендерге кешкі ас берді.* **Қонақасын беру.** этн. діни. *Қайтыс болған адамның жетісін, қырқын берерден бір күн алыстан келгендерге арнайы мал сойып, кешкі ас беру рәсімі.*

**ҚОНАҚАЯҚ** зат. этн. *Мейманға еселеп құйылатын шай.*

**ҚОНАҚБАСТЫ** сын. *Қонақжай, келім-кетім адамы көп.*

**Қонақбасты болды.** *Қонақ көп келді, үзілмеді.*

**ҚОНАҚБӨЛМЕ** зат. этн. *Үй ішіндегі қонақ қабылдауға арналған кең бөлме.*

**ҚОНАҚЖАЙ[1]** зат. 1. *Түпкі үй, төр үй, қонақтар отыратын бөлме.* 2. сөйл. *Қонақүй, мейманхана.*

**ҚОНАҚЖАЙ[2]** сын. этн. *Қазақ халқының бар дәмдісі мен жақсысын қонағына сақтайтын, үйіне келген жолаушыны қабақ шытпай қарсы алатын, қонағын асты-үстіне түсіп күтетін, үйінен келім-кетім кісі үзілмейтін, ырыс, береке, құт қонақтың аяғынан деп тұратын қонақуар, ақжарқын қасиеті.*

**ҚОНАҚЖАЙЛЫ** сын. *Ашық-жарқын, қонақуар.*

**ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қонақжайлылық.***

**ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ** зат. 1. *Қонақуарлық, меймандостық.* 2. этн. *Қазақ халқының қонақжай қасиеті.*

**ҚОНАҚЖҮГЕРІ** зат. өс. <лат. sorghum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ҚОНАҚКӘДЕ** зат. этн. 1. *Қонағасыдан кейін үй ішінің қалауы бойынша өлең-жыр немесе әңгіме айту, домбыра тарту салты.* 2. *Үй иелері төсек-орын қамына кірісken шақта қонақтың үйді босату мақсатында сыртқа шығып, ізет көрсетуі.*

**ҚОНАҚКӨЖЕ** зат. этн. тамақ. 1. *Ақталған қонақ дәнін суға, сорпаға, сүтке қайнату арқылы дайындалатын сұйық тамақ.* 2. *Дайын тарының сөгін сорпаға, сүтке қайнатып, біраз бұқтыру арқылы дайындалатын көженің түрі.*

**ҚОНАҚКІТАП** зат. инф. жаңа. <ағыл. guestbook> *Сайтқа кірушілердің сайт туралы ой-пікірлерін білдіретін бөлімі.*

**ҚОНАҚ-ҚОПСЫ** зат. *Келімді-кетімді кісі, мейман.*

**ҚОНАҚҚҰМАР** сын. *Қонақ келгенді жақсы көретін, қонақжай; қонаққа барғыш.*

**ҚОНАҚОТ** зат. өс. <лат. poa spicata drob> ***Масақты қоңырбас*** *(астық тұқымдасы қоңырбас тұқымдасына жататын өсімдік түрі).*

**ҚОНАҚОТТЫ** сын. *Қонақот өскен, қонақоты мол.*

**ҚОНАҚПАЗ** сын. сөйл. *Қонақжай, қонақуар.*

**ҚОНАҚСЫЗ** сын. *Қонағы жоқ, қонақ келмей.*

**ҚОНАҚТА[1]=** ет. 1. *Құстың белгілі бір жерге қонып отыруы, түнеуі.* 2. *Жүріп келе жатып қолайлы жер тауып орналасу, түнеу.* 3. ауыс. *Бір нәрсенің үстіге қонуы, жабысуы.* 4. ауыс. *Әр жерге бір бару, жер-жерді аралау.* 5. ауыс. *Асқар тау, биік шың басынан көрінген бұлт.* 6. ауыс. *Күннің ұясына кіруі, батуы.*

**ҚОНАҚТА[2]=** ет. *Қонақ болу, мейман болып жату.*

**ҚОНАҚТАЙ** сын. *Қонақ сияқты, қонақ тәрізді.*

**ҚОНАҚТАРЫ** зат. өс. <лат. setaria italika> *Тары іспеттес ұсақ дәнді астық тұқымдасына жататын өсімдік.*

**ҚОНАҚТАТ[1]=** ет. 1. *Құсты белгілі бір жерге (керілген ағаш не арқан т.б.) табан тіретіп отырғызу, түнету.* 2. ауыс. *Қолға түсіру, ие болу, ұстау.*

**ҚОНАҚТАТ[2]=** е т. *Қонақ, мейман ету, түнету.*

**ҚОНАҚТАТУ[1]** *Қонақтат[1] етістігінің қимыл атауы; құсты отырғызу.*

**ҚОНАҚТАТУ[2]** *Қонақтат[2] етістігінің қимыл атауы; қонақ ету, түнету.*

**ҚОНАҚТАУ** *Қонақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНАҚТЫҚ[1]** з а т. э т н. *Қонақ күту, қонақты сыйлау ғұрпы.*

**ҚОНАҚТЫҚ[2]** с ы н. *Қонаққа арналған (үй, бөлме).*

**ҚОНАҚУАР** с ы н. *Қонақжай, меймандос.*

**ҚОНАҚУАРЛЫҚ** з а т. *Қонақжайлылық, меймандостық.*

**ҚОНАҚҮЙ** з а т. **1.** *Жолаушылардың уақытша түнеуіне, тұруына арналған мекенжай; мейманхана.* **2.** а у ы с. *Қоныс, мекен, тұрақ.*

**ҚОНАҚШЫЛ** с ы н. **1.** *Қонақуар, қонақжай.* **2.** с ө й л. *Қонаққа барғыш.*

**ҚОНАҚШЫЛДЫҚ** з а т. *Қонақжайлылық, меймандостық.*

**ҚОНАҚЫЛЫҚ** з а т. *Қонақжайлылық, меймандостық.*

**ҚОНАЛҚА[1]** з а т. *Қонып шығатын жер, түнейтін орын.*

**ҚОНАЛҚА[2]** ү с т. *Кеш бата, қараңғы түсе; қонаға.*

**ҚОНАЛҚАЛА=** е т. *Қону, түнеп шығу.*

**ҚОНАЛҚАЛАУ** *Қоналқала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНАЛҚАЛЫ** с ы н. *Қонатын, қонып шығатын, түнейтін.*

**ҚОНАЛҚАЛЫҚ** с ы н. *Қоналқаға жарайтын, қоналқа боларлық (жер).*

**ҚОНАЛҚЫ[1]** з а т. с ө й л. ***Қоналқа*** *(қонып шығатын орын).*

**ҚОНАЛҚЫ[2]** з а т. с ө й л. ***Қоналқа*** *(кеш бата, қараңғы түсе; қонаға).*

**ҚОНАР-ҚОНБАСТАН** ү с т. *Әлі қонып болмай-ақ.*

**ҚОНАША** з а т. е с к і к і т. *Қоналқа, түнейтін орын.*

**ҚОНҒЫЗ=** е т. *Қондыру, орналастыру.*

**ҚОНҒЫЗУ** *Қонғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНДАС** з а т. *Елсіз жолда істеген ұрлығы үшін ат-көлігінен айырылған адам.*

**ҚОНДЫР[1]=** е т. **1.** *Құсты қонақтату, отырғызу, қолда ұстау.* **2.** *Орналастыру, жайластыру.* **3.** *Орнату, салдыру, қойғызу.* **4.** м е д. *Адам ағзасындағы мүшелерді бір адамнан екінші адамның денесіне ауыстыру не қайта орнына салу.*

**ҚОНДЫР[2]=** е т. *Түнету, түнетіп шығару.*

**ҚОНДЫРҒЫ** з а т. т е х. *Арнайы орнатылған техникалық механизм, құрал-жабдық, прибор.*

**ҚОНДЫРҒЫЛЫ** с ы н. *Қондырғысы бар, қондырғыдан тұратын.*

**ҚОНДЫРМА[1]** з а т. *Бір нәрсенің үстіне қондырылатын бөлек зат.*

**ҚОНДЫРМА[2]** з а т. с а я с и. *Көзқарас және соларға сәйкес теориялық қағида.*

**ҚОНДЫРМАЛЫ** с ы н. *Қондырылған, алып-салуға ыңғайлы.*

**ҚОНДЫРМАЛЫҚ** с ы н. *Қондырмаға тән, қондырмаға жататын.*

**ҚОНДЫРТ=** е т. **1.** *Құсты қонақтату.* **2.** *Орналастыру, жайғастыру.* **3.** *Есік, терезе сияқты заттарды орнату, салдыру.*

**ҚОНДЫРТУ** *Қондырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНДЫРУ[1]** *Қондыр[1] етістігінің қимыл атауы; құсты қонақтату.*

**ҚОНДЫРУ[2]** *Қондыр[2] етістігінің қимыл атауы; түнету.*

**ҚОНДЫРЫЛ=** е т. **1.** *Орнатылу, қойылу, салыну.* **2.** *Іске қосылу.* **3.** *Ұшатын заттарды (ұшақ, тікұшақ) жер бетіне түсіріп, ұшуын тоқтаттыру.*

**ҚОНДЫРЫЛУ** *Қондырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНДЫРЫС=** е т. *Орнатысу, салысу.*

**ҚОНДЫРЫСУ** *Қондырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЖИ=** е т. **1.** *Біреудің, бір нәрсенің үстінен басып, қона түсу.* **2.** *Атқа т.б. көлікке мініп алу, отыру.* **3.** э к с п р. *Жапырайып, күжірейіп жайғасу.*

**ҚОНЖИТ=** е т. **1.** *Қою, орналастыру.* **2.** *Мінгізу, отырғызу.* **3.** *Оңдырмай ұру, салып қалу.*

**ҚОНЖИТУ** *Қонжит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЖИЮ** *Қонжи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЖЫҚ** з а т. з о о л. *Аюдың баласы.*

**ҚОНЖЫҚТА=** е т. *Балалау, күшіктеу.*

**ҚОНЖЫҚТАУ** *Қонжықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЖЫР** з а т. з о о л. *Суда жүретін балшықшы сияқты, бірақ одан кішілеу, еті адал құс.*

**ҚОНТАЙШЫ** з а т. т а р. *Жоңғар хандығындағы биліктің ең жоғарғы бас-қышындағы адам.*

**ҚОНУ** *Қон етістігінің қимыл атауы.*

**Қону алаңы**. а в и а ц. *Ұшақтар мен тікұшақтардың ұшу мен қону кезіндегі жүрісін қысқартуды авиация бөлімдері мен бөлімшелерінің орналасуын қамтамасыз ету мақсатында жабдықталған жер аумағы.* **Қону арақашықтығы**. ф и з. *Авиациялық ұшу аппаратының қонуы кезінде қалықтау биіктігі, қону жолағына қауіпсіз жақындау шарттарын анықтайтын тұрақты бөгеттер биіктігіне тең жерден бастап, жерге қонғаннан кейін толық тоқтағанға дейінгі жер бетімен салыстырмалы түрде жүріп өткен жолы.* **Қону жылдамдығы.** а в и а ц. *Ұшу аппаратының қону кезінде жермен түйісу сәтіндегі жылдамдығы.*

**ҚОНЫМ** з а т. *Киімнің құйып қойғандай тура келуі, жарасуы.*

**ҚОНЫМДЫ** с ы н. **1**. *Үстіне қона кететін, жарасымды.* **2.** а у ы с. *Орынды, жөнді, ұғымды.*

**ҚОНЫМДЫЛЫҚ** з а т. *Жарасымдылық, ұғыныққтылық.*

**ҚОНЫМСЫЗ** с ы н. *Жарасымсыз, ұнамсыз.*

**ҚОНЫМСЫЗДАУ** с ы н. *Сәйкес емес, ұнамсыздау.*

**ҚОНЫМСЫЗДЫҚ** з а т. *Жарасымсыздық, ұнамсыздық.*

**ҚОНЫС** з а т. **1.** *Малды ауылдың жылда қонып жүрген жері; жайлау, қыстау, күзеу жайлы орын.* **2.** *Елді мекен.* **3.** *Тіршілік еткен жер, мекен еткен аймақ.*

**Қоныс аударды.** *Бір жерден екінші жерге көшті, тұрағын өзгертті.* **Қоныс аудару.** <лат. migratio> а) д е м о г р. *Халықтың тұрғылықты мекенін, қонысын ауыстыруына байланысты көші-қонуы.* ) б и о л. *Тіршілік ету ортасының өзгеруі немесе даму кезеңінің өзгерістеріне байланысты жануарлардың бір жерден екінші жерге орын ауыстыруы.* **Қоныс аударушылар.** <лат. migrans> а) *Түрлі саяси, экономикалық жағдайларға байланысты бір өлкеден екінші өлкеге келіп, қоныс тебуші адамдар тобы.* ә) б и о л. *Биосфераның әртүрлі құрамдас бөліктерінде суда, ауада, жерде жыл мезгілдерінде орын ауыстырып тұратын жеңіл заттектілер мен жануарлар.* **Қоныс жаңартты.** а) *Басқа жаққа көшті, мекенжайын ауыстырды, қонысын өзгертті.* ә) *Жыл мезгілінің ауысуына байланысты жыл құстары мекендерін ауыстырды.* **Қоныс қалмады.** *Қонысынан айырылды, тұрақтайтын мекені қалмады.* **Қоныс қылды.** *Мекен етті, қоныстанды.* **Қонысқа таласты.** *Жайлы қоныс үшін соғысты, қырғиқабақ болды.* **Қоныс құтты [жайлы] болсын!** э т н. т і л е к. *Жаңа мекенжайға көшіп келген адамға айтылатын тілек.* **Қоныс етті [қылды]**. *Мекендеді, жайлады.* **Қоныс тапты.** *Орналасты, жайғасты, орнықты.* **Қоныс тепті.** *Келіп орналасты, орнықты.* **Қонысы аударылды.** *Тұрақтамады, орнықпады.* **Қонысы құт болды.** *Жаңа көшіп келген жері жайлы, құтты, берекелі болды.* **Қонысынан ауды.** *Басқа жерге көшті, мекенін өзгертті.* **Қонысы тарылды.** *Мекен ететін жері азайды, тіршілікке қажетті жерінің көлемі кішірейді.* **Қоныс іздеді.** *Малға жайлы, тіршілікке ыңғайлы орын іздеді.*

**ҚОНЫС=** е т. **1.** *Мініcу, отырысу.* **2.** *Жайғасу, орналасу, тұрақтау.*

**ҚОНЫСЖАЙ** з а т. *Мекенжай, орын.*

**ҚОНЫСЖҰРТ** з а т. *Атақоныс, атамекен.*

**ҚОНЫСҚҰТТЫ: қонысқұтты айтысты.** э т н. т і л е к. *Жаңа мекенің құтты болсын деген тілек айтысты, қоныстың құтты-берекелі болуын тіледі.*

**ҚОНЫСМАЙЛАР** з а т. э т н. *Жаңа қонысқа көшіп келгенде, көрші-қолаңға жасайтын ырым.*

**ҚОНЫССЫЗ** с ы н. *Қонысы жоқ; мекенсіз, жайсыз.*

**ҚОНЫСТА=** е т. *Мекендеу, орналасу, тұрақтау.*

**ҚОНЫСТАН=** е т. *Қоныс ету, қоныс тебу, орналасу.*

**ҚОНЫСТАНДЫР=** е т. *Орналастыру, орнықтыру.*

**ҚОНЫСТАНДЫРУ** *Қоныстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЫСТАНУ** *Қоныстан етістігінің қимыл атауы.*

**Қоныстану тығыздығы.** а) д е м о г р. *Халықтың белгілі бір аумақта қоныстану деңгейі, аумақ өлшеміне шаққандағы тұрғылықты халық саны.* ә) б и о л. *Құстардың, жануарлардың белгілі бір аумақтағы орналасу шамасы.*

**ҚОНЫСТАНУШЫ** з а т. *Мекендеуші, тұрақтанушы, орныққұшы.*

**ҚОНЫСТАС** с ы н. *Көршілес, іргелес; қонысы бір.* // *Көршілес, іргелес отырған адам.*

**ҚОНЫСТАСТЫҚ** з а т. *Қонысы бірлік, мекендестік, көршілестік.*

**ҚОНЫСТАТ=** е т. *Қоныстандыру, орналастыру.*

**ҚОНЫСТАТУ** *Қоныстат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЫСТАУ** *Қоныста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОНЫСТАУШЫ** з а т. *Қоныс аударушы, орналасушы.*

**ҚОНЫСТОЙ** з а т. э т н. *Жаңа үйге кіру қуанышына арналған той-думан.*

**ҚОНЫСТЫҚ** с ы н. *Қоныс боларлық, мекендік.* // *Қоныс боларлық мекен.*

**ҚОНЫСШЫ** з а т. ж е р г. *Көрші, қоңсы.*

**ҚОНЫШ** з а т. *Етік, мәсі, пима, тағы басқа аяқкиімдердің балтырды жауып тұратын бөлігі.*

**Қонышынан басты.** а) *Етікті дұрыс киме́й, сіресінен басты.* ә) *Еркін жүріп-тұрды, ойына келгенін істеді, шалқыды.* **Қонышынан кешті.** *Белшесінен батты.*

**ҚОНЫШБАУ** з а т. э т н. *Етіктің, шұлықтың қонышын жоғары тартып кигенде ұстайтын бау.*

**ҚОНЫШБАУЛЫ** с ы н. э т н. *Етіктің, шұлықтың қонышын жоғары ұстап тұратын бауы бар.*

**ҚОНЫШҚАЛЫП** з а т. к ә с. *Аяқкиімнің қонышын тігуде пайдаланылатын қалып түрі.*

**ҚОНЫШТЫ** с ы н. *Қонышы бар; қонышы ұзын.*

**ҚОҢ** з а т. **1.** *Малдың сауыры; сауыр еті.* **2.** *Адамның жамбас сүйегі маңындағы еті.* **3.** а у ы с. *Күйі, семіздігі.* **4.** а у ы с. *Құнар, шырай.*

**Қоң алды.** *Ет алды, семірді.* **Қоң бітті.** а) *Семірді, оңалды, шыр бітті.* ә) *Тұрмысы оңалды, әлденді.* **Қоң бітірді.** *Әлдендірді, жағдайын жасады.* **Қоң ет.** *Сауырдың, санның қалың еті.* **Қоң еті қисайды.** *Еті қашты, арықтады.* **Қоң етін кесіп [ойып] берді.** *Шынайы таза достық істеді, жанын аямады.* **Қоң жинады [жиды].** а) *Ет алды, семірді.* ә) *Әлденді, жағдайы жақсарды, күйленді.* **Қоңы жығылмады.** *Арықтамады, жүдемеді.* **Қоңын бермеді [бере ме].** *Арықтамады, жүдемеді.* **Қоңынан ет кесіп алса да.** *Шыдамды, төзімді адам туралы айтылады.* **Қоңы таймады [түспеді].** *Арықтамады, жүдемеді, күйін төмендетпеді.* **Қоңы түзу**. *Күйлі, семіз.*

**ҚОҢАЙ=** ет. **1.** *Ет алу, семіру.* **2.** ауыс. *Оңалу, тыңаю, әлдену.*

**ҚОҢАЙТ=** ет. *Семірту, еттендіру.*

**ҚОҢАЙТУ** *Қоңайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢАШ** зат. сөйл. *Түрткі, мүшек.*

**ҚОҢАШТА=** ет. *Жан-жақтан түису, мүшектеу.*

**ҚОҢАШТАУ**[1] сын. *Аздау, шағын.*

**ҚОҢАШТАУ**[2] *Қоңашта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢАЮ** *Қоңай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢДАН=** ет. **1.** *Семіру, ет алу.* **2.** ауыс. *Қор жию, әлдену.*

**ҚОҢДАНДЫР=** ет. *Семірту, ет алдыру.*

**ҚОҢДАНДЫРУ** *Қоңдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢДАНУ** *Қоңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢДЫ** сын. **1.** *Семіз, етті; арық емес.* **2.** ауыс. *Ауқатты, күйлі. // Ауқатты, күйлі адам.*

**Қоңды көмір.** кен. *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің III сатысы жағдайында қалыптасқан таскөмір түрі.*

**ҚОҢДЫҚ** зат. *Жамбас тұсындағы еті қалың жер, сауыр.*

**ҚОҢДЫЛАУ** сын. **1.** *Семіздеу, еттілеу, күйлілеу.* **2.** ауыс. *Ауқаттылау, әлділеу.*

**ҚОҢДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Семіздік, күйлілік.* **2.** ауыс. *Құнарлылық, шұрайлылық.*

**ҚОҢДЫРАҚ** сын. **1.** *Әлдірек, күйлірек.* **2.** ауыс. *Ауқаттырақ, байырақ.*

**ҚОҢҚ** елік. *Келіспей, наразы болғанды дүңк етіп сөйлеп білдіретін сөз.*

**Қоңқ етті.** *Келіспеушілігін, наразылығын, күдігін дүңк етіп сөйлеп білдірді.*

**ҚОҢҚА: қоңқа мұрын.** сөйл. ***Қоңқақ мұрын.***

**ҚОҢҚАБАЙ** сын. сөйл. қарап. *Кеудемсоқ, қоқаңдай беретін (адам).*

**ҚОҢҚАЙ** зат. этн. *Асықтың тұмсығынан шанышылып тұрған жағы, омпа.*

**ҚОҢҚАЙ=** ет. *Үлкен көріну, сораю.*

**ҚОҢҚАЙМА** сын. сөйл. *Қоңқайған, қоңқиған.*

**ҚОҢҚАЙТ=** ет. *Сорайту, қоңқиту.*

**ҚОҢҚАЙТУ** *Қоңқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚАҚ** сын. *Дөңкиген, көтеріңкі, үлкен.*

**Қоңқақ мұрын.** *Ортасы дөңес, көтеріңкі, сорайған мұрын.*

**ҚОҢҚАҚТАУ** сын. *Мұрны дөңестеу, сорайған.*

**ҚОҢҚАЛА**[1]**=** ет. *Қаумалау, дүрлігу.*

**ҚОҢҚАЛА**[2]**=** ет. *Күні үшін өтірік қолпаштау, жағымпаздану.*

**ҚОҢҚАЛАТ=** ет. *Қаумалату, дүрліктіру.*

**ҚОҢҚАЛАТУ** *Қоңқалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚАШ** сын. сөйл. *Қоңқақ, дөңес.*

**ҚОҢҚАЮ** *Қоңқай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚИ=** ет. *Мұрны сораю, дөңестену.*

**ҚОҢҚИЮ** *Қоңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Қорс-қорс етіп, мұрнын тарту, жыламсырау.* **2.** ауыс. *Қоңқ-қоңқ ету, ренжу.* **3.** ауыс. *Күңкілдеу, көңілі толмау.*

**ҚОҢҚЫЛДАТ=** ет. *Ренжіту, күңкілдету, қоңқ-қоңқ еткізу.*

**ҚОҢҚЫЛДАТУ** *Қоңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚЫЛДАУ** *Қоңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢҚЫШ** сын. *Қоңқақ, қоңқаш.*

**ҚОҢСЫ** зат. **1.** *Күнкөрісі нашарлау, әл-ауқаты аз адамдар, кірме.* **2.** *Бір-бірімен іргелес, қатар отырған көрші.* **3.** *Ауылдас адам, көрші-қолаң.*

**Қоңсы болды.** *Бірге көшіп-қонып жүрді; көрші болды.* **Қоңсы қонды.** *Қоңсы болды, көрші отырды.*

**ҚОҢСЫЗ** сын. *Қоңы жоқ; күйсіз, арық.*

**ҚОҢСЫЗДЫҚ** зат. *Қоңы жоқтық, күйсіздік.*

**ҚОҢСЫҚ** сын. *Сасық, қоңырсыған. // Сасық, қоңырсыған иіс.*

**ҚОҢСЫ-ҚОЛАҢШЫ** зат. сөйл. ***Қоңсы-қолаң.***

**ҚОҢСЫ-ҚОЛАҢ** зат. *Малды ауылдың малын бағысып күн көретін кедей ауыл.*

**ҚОҢСЫЛАС** сын. **1.** *Бірге көшіп-қонатын, көршілес.* **2.** *Қатар, бірге, іргелес.*

**ҚОҢСЫЛЫҚ** зат. *Көршілестік, қонысы жақындық.*

**Қоңсылық қайырым.** этн. *Көршілік өтеу, көршілік қайырым.*

**ҚОҢСЫ-СЫБАЙ** зат. *Көрші-көлем, ауылдас адамдар.*

**ҚОҢТАЖЫ** зат. тар. *Қалмақ хандығындағы биліктің ең жоғарғы басқышындағы адам, хан.*

**ҚОҢТАЙШЫ** зат. тар. сөйл. ***Қонтайшы*** *(жоңғар билеушісі).*

**ҚОҢТАРЫС** сын. *Құлазыған, жүдеулі.*

**ҚОҢТОРАЗ** сын. жерг. *Күйі нашар, арықтау, жүдеулеу.*

**ҚОҢТОРАЗДАУ** сын. *Жүдеулеу, нашарлау; онша емес.*

**ҚОҢТОРҒАЙ** сын. **1.** *Жүдеу, жұпыны.* **2.** ауыс. *Көңілсіз, ренішті.* **3.** ауыс. *Ашкөз, тойымсыз.*

**Қоңторғай мал.** *Өмірі бойына ет алып, тойынбайтын.* **Қоңторғай тұрмыс.** *Төмен тұрмыс, ептеп-септеп күнелтетін тұрмыс.* **Қоңторғай түйе.** *Жайылым мен күтімге жарымай жүрген түйе.*

**ҚОҢТОРҒАЙЛАУ** сын. *Жұпынылау, жұтаңдау.*

**ҚОҢТОРҒАЙЛЫҚ** зат. **1.** *Жүдеулік, жұпынылық.* **2.** ауыс. *Көңілсіздік.*

**ҚОҢЫЗ** зат. зоол. <лат. goleoptera> *Сыртқы пішіні тіршілік жағдайына байланысты әртүрлі болып келетін, қатты қанатты жәндік.*

**Қоңыз мұрт.** экспр. *Мұрынның суағарына қойған бармақтай мұрт.* **Қоңыз тергізді.** *Қайыр сұратты, қаңғыртты, тентіретіп жіберді.* **Қоңыз терді.** *Тентіреді, босты.* **Қоңыз теріп кетті.** *Басымен әлек болды, сарсаңға түсті.*

**ҚОҢЫЗДАЙ** сын. *Қоңыз сияқты, қоңыз тәрізді.*

**ҚОҢЫЗША** үст. *Қоңызға ұқсап, қоңыз секілді.*

**ҚОҢЫЛСЫҚ** сын. сөйл. ***Қоңырсық.***

**ҚОҢЫЛТАҚ** сын. **1.** *Сырт киімнің ішінен басқа ештеңе кимеген, жалаңқабат.* **2.** *Ішінде ештеңе жоқ, жадағай.* **3.** ауыс. *Бос, қаңыраған.* **4.** ауыс. *Бойына ет алып, дұрыс тойына алмайтын (мал).* **5.** ауыс. *Жабырқаңқы, жүдеу.*

**ҚОҢЫЛТАҚТАЙ** сын. *Қоңылтақ сияқты, қоңылтақ тәрізді.*

**ҚОҢЫЛТАҚСУ** *Қоңылтақсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫЛТАҚСЫ=** ет. **1.** *Киімі жұқа болу, тоңа бастау.* **2.** ауыс. *Босау, қаңырап қалу.* **3.** ауыс. *Қарны ашу, ашығу.* **4.** ауыс. *Көңілі құлазу, жабырқау.*

**ҚОҢЫЛТАҚСЫТ=** ет. *Жабырқату, көңілді құлазыту.*

**ҚОҢЫЛТАҚСЫТУ** *Қоңылтақсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫЛТАҚТАН=** ет. **1.** *Киімі жұқа болып, тоңа бастау.* **2.** *Іші босау, қоңылтақсу.* **3.** ауыс. *Жабырқау, көңілі құлазу.*

**ҚОҢЫЛТАҚТАНУ** *Қоңылтақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫЛТАҚТАУ** сын. **1.** *Жұқалау, жалаңқабаттау.* **2.** *Жұпынылау, жұтаңдау.*

**ҚОҢЫЛТАҚТЫҚ** зат. *Жүдеулік, жұтаңдық.*

**ҚОҢЫЛТАЯҚ** үст. *Аяқкиімнің жалаң өзін ғана (шұлықсыз), жадағай.*

**ҚОҢЫР** сын. **1.** *Қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түс.* **2.** ауыс. *Онша мәз емес, жұтаң (тұрмыс-тіршілік).* **3.** ауыс. *Жанға жайлы, жағымды.* **4.** ауыс. *Ықылассыз, көңілсіз, салқын (пейіл, мінез).*

**Қоңыр ала.** *Қоңыр және ақ түстердің араласып келуі.* **Қоңыр аң.** а) миф. *Халық ұғымында арқар, бұғы, тау ешкі, елік сияқты киелі саналатын аң [Қоңыр аңды, әсіресе, бастаушысын сол мекеннің киесі атады, мергеннің мылтығы қырсығады немесе жазатайым мертігеді деп атпайтын болған].* ә) *Арқар, бұғы, елік, құлжа, тау ешкі сияқты шөп жейтін жыртқыш емес аңдар.* **Қоңыр аю.** зоол. <лат. ursus arctos> *Көбіне қалың орманды жерді мекендейтін сүтқоректі жыртқыш; аюдың бір түрі.* **Қоңыр ән [әуен].** *Баяу, қоңыр дауыспен салынатын ән, әуен.* **Қоңыр әңгіме.** *Жайлы, тартымды әңгіме.* **Қоңыр бұйра шай.** *Дәмді, қою шай.* **Қоңыр дала.** *Қаратопырақты, қоңыртопырақты құнарлы жазық жер.* **Қоңыр дауыс [үн].** *Бірқалыпты ырғақпен айтылған, жайлы үн, дауыс.* **Қоңыр дауысты.** *Бір қалыпты ырғақпен айтылатын жайлы үн.* **Қоңыр домбыра.** этн. *Бұрыннан келе жатқан, үйреншікті болған домбыра.* **Қоңыр жел.** *Жанға жайлы салқын жел.* **Қоңыр зығыр бүргесі.** зоол. <лат. aphthona slaviceps payk> *Қоңыр түсті бүрге түрі.* **Қоңыр итмұрын.** өс. <лат. rosa cinnamonea>. *Раушангүл тұқымдасына жататын, қалың болып өсетін, майда жемісі бар, тікенді өсімдік.* **Қоңыр кеш.** *Жанға жайлы, салқын кеш.* **Қоңыр көмір.** геол. *Қазба көмірлердің дәрежесі тұрғысынан жүйеленген ең бастапқы, яғни шымтезек пен тас көмір аралығындағы мүшесі.* **Қоңыр көрді.** *Ұнатпады, жақтырмады, кем тұтты.* **Қоңыр күз.** *Күздің ауа райы жылы және құрғақ кезі.* **Қоңыр күй.** *Қарапайым, орташа тіршілік.* **Қоңыр күрең.** *Қоңыр мен күрең араласқан түс атауы.* **Қоңыр қабақ.** *Салқын қабақ; кейіс.* **Қоңыр қаз.** *Өзен-суларда жүретін қоңыр түсті жабайы қаз.* **Қоңыр қаздай.** *Жайлы, бірқалыпты, мамырлап.* **Қоңыр қозы.** этн. а) *Жуас, бейуаз, момын.* ә) экспр. *Бейуаз бала.* **Қоңыр қозым.** экспр. еркелету. *Көбіне әжелердің немерелерін еркелеткенде, атағанда айтатын қаратпа атауышы.* **Қоңыр қошқыл.** *Күңгірттеу, қарасы басым қоңыр түс.* **Қоңыр раушан.** өс. <лат. rosa cinnamomea> *Бойы өте биік өсетін бұтаның бір түрі; итмұрын.* **Қоңыр саз.** *Бірқалыпты естілетін әуен; үн.* **Қоңыр самал.** *Бірқалыппен соққан жайлы леп.* **Қоңыр тартты.** *Қарайды, күңгірттенді.* **Қоңыр топырақты.** *Шөл жерлердің топырағы.* **Қоңыр тірлік.** *Бірқалыпты, қарапайым тіршілік (тұрмыс).* **Қоңыр ұйық.** кен. *Қоңыр түсті, тотыққан терригендік ұйық.* **Қоңыр шаң.** кен. *Сұйық шойынды конвертер пешінде ауа немесе оттекпен үрлегенде пайда болатын, негізінен темір оксидінен тұратын шаң.*

**ҚОҢЫРАЙ=** ет. **1.** *Қоңыр түске ену, қоңыр тарту.* **2.** *Күнге күйіп, тотығу.* **3.** ауыс. *Жабырқау, жүдеу.*

**ҚОҢЫРАЙҒАН-ҚОҢЫРАЙҒАН** сын. *Қоп-қоңыр болған, қоңыр түске енген.*

**ҚОҢЫРАЙТ=** ет. *Қоңыр түсті ету, айналдыру.*

**ҚОҢЫРАЙТУ** *Қоңырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРАЙЫС=** ет. *Жабырқасу, өкпелесу.*

**ҚОҢЫРАЙЫСУ** *Қоңырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРАУ**[1] зат. **1.** *Металдан (мыстан) конус тәрізді етіп жасалған, ішінде тербеліп тұратын тілі бар, сол арқылы дыбыс шығарып белгі беретін, хабарлайтын құрал.* **2.** *Телефон, сағат т.с.с. құралдардағы арнайы дыбыс беретін құрылғы және сол заттың дауысы.*

**Қоңырау білезік.** этн. зерг. *Екі ұшы бір-біріне айқастырылып жасалатын, қабыспалы білезік түрі.* **Қоңырау қалып.** кәс. *Қоңырау құятын қалып.* **Қоңырау соқты.** а) *Мектепте сабақ арасында үзіліс болғанын не сабақ басталғанын білдіріп, қоңырау шырылдатты.* ә) *Телефон шалды, хабарласты.* **Қоңырау соғылды.** *Қоңы-*

*рау шылдырлады, қоңырау қағылды.* **Қоңырау сырға**. э т н . з е р г. *Қоңыраулы, салпыншақтарына қоңыраушалар бекітілген сырға.* **Қоңырау таққан құба нардай болды.** *Елден ерекшеленді, өзгешеленді.* **Қоңырау үнді [көмей]**. *Сыңғырлаған ашық дауысты.* **Қоңырау шашақ**. э т н . қ о л ө н е р. *Сырт түрі қоңырау тәрізді төгілмелі шашақ.*

**ҚОҢЫРАУ**[2] з а т. ж е р г. **1.** *Қолдан соққан қысқа сабақты, сылдырмақты түйме.* **2.** *Күмістен күмбезделіп жасалған түйме.*

**ҚОҢЫРАУБАС** з а т. ө с. ***Қоңыраугүл.***

**ҚОҢЫРАУГҮЛ** з а т. ө с. <лат. campanula> *Гүлінің күлте жапырақшалары қоңырау тәрізді бес қалақты, бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Қоңыраугүл тұқымдасы.** б о т. ***Қоңыраугүлділер.***

**ҚОҢЫРАУГҮЛДІЛЕР** з а т. б о т. <лат. campanulaceae> *Қоңыржай аймақта кең таралған қосжарнақты, гүлдерінің пішіні қоңырау тәрізді бір немесе көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ҚОҢЫРАУДАЙ** с ы н. *Қоңырау сияқты, қоңырау тәрізді.*

**ҚОҢЫРАУЛА=** е т. *Қоңырау тағу, қоңырау салу.*

**ҚОҢЫРАУЛАТ=** е т. **1.** *Қоңырау соғу, шылдырлату.* **2.** а у ы с. *Күн күркіреу.*

**ҚОҢЫРАУЛАТУ** *Қоңыраулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРАУЛАУ** *Қоңыраула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРАУЛЫ** с ы н. **1.** *Қоңырау тағылған, қоңырауы бар.* **2.** а у ы с. *Соңынан сөз, өсек ерген; аты шыққан.*

**Қоңыраулы бұйра [құба] нардай болды**. *Елден ерекшеленді, өзгешеленді.* **Қоңыраулы дауыс.** *Сыңғырлаған дауыс.* **Қоңыраулы етік**. к ө н е . э т н. *Сал-серілердің күміс, жез қоңыраушалармен безелген сәнді етігі.* **Қоңыраулы жүген.** қ о л ө н е р. *Сыңғырлаған әсем үн шығаратын күміс қоңырауша байланған сәнді жүген.* **Қоңыраулы найза**. к ө н е. э т н. *Әскери белгі ретінде басына қоңырауша тағылған найза.* **Қоңыраулы шашбау.** э т н. *Екі қоңырауы бар шашбау.* **Қоңыраулы шолпы.** з е р г. *Қоңыраулары бар, шашқа тағатын шолпының бір түрі.*

**ҚОҢЫРАУХАНА** з а т. *Шіркеулердегі әртүрлі үнді қоңыраулар ілінген арнаулы орын.*

**ҚОҢЫРАУША**[1] з а т. *Кішкентай қоңырау.*

**ҚОҢЫРАУША**[2] ү с т. *Қоңырау тәрізді, қоңырауға ұқсап.*

**ҚОҢЫРАУШЫ** з а т. *Қоңырау соғушы, қағушы адам.*

**ҚОҢЫРАЮ** *Қоңырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРБАС** з а т. ө с. <лат. poa bulbosa> *Басында ұсақ дәні бар, далада құмдақ жерлерде өсетін көпжылдық шөп.*

**ҚОҢЫРДАҚ** з а т. ж е р г. *Жаңбырдан кейін көгерген көгал жер.*

**ҚОҢЫРЖАЙ** с ы н. **1.** *Ыстық та емес, суық та емес, біркелкі қоңыр салқын.* **2.** а у ы с. *Жағымды, жайлы (дауыс, әуез, саз).*

**Қоңыржай белдік.** г е о г р. *Ауа райы, табиғат жағдайлары қолайлы, аса ыстық немесе суық болмайтын белдеу.* **Қоңыржай белдеу.** г е о г р. *Жердің 40 және 650 солтүстік ендігі мен 42 және 58° оңтүстік ендігі аралығында орналасқан табиғат белдеулері.* **Қоңыржай ендік.** г е о г р. *Континенталды емес, жұмсақ ауа райлық географиялық қашықтық.* **Қоңыржай климат**. г е о г р. *Қоңыржай белдеуде болатын ауа райы.*

**ҚОҢЫРЖАЙЛАН=** е т. *Қоңыр салқын тарту.*

**ҚОҢЫРЖАЙЛАНУ** *Қоңыржайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРЗАҚ** з а т. ж е р г. *Сайдың ойпаң жерлерінде иірілген су.*

**ҚОҢЫРҚАЙ** с ы н. **1.** *Қоңыр күрең, қошқылдау (түс).* **2.** а у ы с. *Қоңыр салқын, қоңыржай.* **3.** а у ы с. *Жағымды, жайлы (дауыс, әуез, саз).* **4.** а у ы с. *Қарапайым, жұпыны.* **5.** а у ы с. *Жақсы да, жаман да емес, орташа.*

**Қоңырқай күрең.** *Солғын, күңгірт күрең.* **Қоңырқай тартты.** *Қоңыр күреңденді, қошқылданды.*

**ҚОҢЫРҚАЙЛАН=** е т. **1.** *Қоңыр күрең тарту, қараюыту.* **2.** а у ы с. *Бірқалыпты жағымды, жайлы сарынға түсу.* **3.** а у ы с. *Жабырқану, мұңдану.*

**ҚОҢЫРҚАЙЛАНУ** *Қоңырқайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРҚАЙЛАУ** с ы н. **1.** *Қоңырқай тартқан, қоңырлау.* **2.** а у ы с. *Сәл жуандау, бәсеңдеу, жайлы (дауыс, үн).* **3.** а у ы с. *Көңілсіздеу, ықылассыз.* **4.** а у ы с. *Қарапайымдау, орташа.*

**ҚОҢЫРЛА=** е т. **1.** *Қоңыр түске ену, қоңыр тарту, күреңдену.* **2.** а у ы с. *Қоңырсалқындану, қоңыржайлану.* **3.** а у ы с. *Бірқалыпты, жағымды, жанға жайлы әуенмен айту, жай сарынға түсу.*

**ҚОҢЫРЛАН=** е т. **1.** *Қоңыр түске айналу.* **2.** а у ы с. *Дауыстың жайлы, жағымды сазға түсуі.*

**ҚОҢЫРЛАНДЫР=** е т. **1.** *Қоңыр түске айналдыру.* **2.** а у ы с. *Дауыстың, үннің жайлы сарынға түсуі.*

**ҚОҢЫРЛАНДЫРУ** *Қоңырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРЛАНУ** *Қоңырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРЛАТ=** е т. *Қоңыр сарынға салу.*

**ҚОҢЫРЛАТУ** *Қоңырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРЛАУ**[1] с ы н. **1.** *Қоңыр тартқан, қоңырқай.* **2.** а у ы с. *Баяу дауыспен жайбарақат айтылған.* **3.** а у ы с. *Бұйығылау, байқала бермейтін.*

**ҚОҢЫРЛАУ**[2] *Қоңырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРЛЫҚ** з а т. **1.** *Құмның шетіндегі шөбі нашарлау өсетін қоңырқай түсті құрғақ жер.* **2.** ж е р г. *Қара отты жер.*

**ҚОҢЫРСАЛҚЫН** с ы н. *Аса суық та, жылы да емес; жанға жайлы.*

**ҚОҢЫРСУ** *Қоңырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРСЫ** с ы н. с ө й л. ***Қоңырсық.***

**ҚОҢЫРСЫ=** е т. *Күйген заттан мұрын жарар иіс шығу; көңірсу.*

**ҚОҢЫРСЫҚ** с ы н. *Қоңырсыған, жағымсыз (иіс).*

**ҚОҢЫРСЫТ=** е т. **1.** *Пісіру, шыжғыру кезінде май иісін шығару.* **2.** а у ы с. *Бір нәрсені көку, бықсыту.*

**ҚОҢЫРСЫТУ** *Қоңырсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОҢЫРТӨБЕЛ** с ы н. **1.** *Маңдайында теңбілі бар қоңыр түсті (мал).* **2.** а у ы с. *Жұпыны, жұтаң.*

**ҚОҢЫРҮЙ** з а т. **1.** э т н. *Дәулетті кісілердің күзге қарай тігіп отыратын үйі.* **2.** *Ас-су әзірлейтін, қызметшілер, күтушілер тұратын үй.*

**ҚОҢЫРША** с ы н. **1.** *Қоңырқай, солғын күрең.* **2.** а у ы с. *Қарапайым, жұтаң.* **3.** а у ы с. *Қоңырсалқын.* **4.** а у ы с. *Момақан мінезді, орташа күйлі, орташа. // Орта шаруалы адам.*

**ҚОПА** з а т. *Қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ өскен қорысты жер.*

**ҚОПАЙ=** е т. *Кудірею, кужірею, қодыраю.*

**ҚОПАҚ**[1] з а т. ж е р г. *Қоғалы, қамысты батпақты жер; қопа.*

**ҚОПАҚ**[2] з а т. ж е р г. *Қамыстың түбіндегі көкшіл жұмсағы.*

**ҚОПАҚАРДАЙ** с ы н. *Әлдеқандай, дардай.*

**ҚОПАҚ-ҚОПАҚ** е л і к. *Қопаң-қопаң еткен, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қопақ-қопақ етті.** *Қопақтады, қопаң-қопаң етті.*

**ҚОПАҚТА=** е т. **1.** *Орнында отыра алмай, қопаң-қопаң ету.* **2.** а у ы с. *Тынышсыздану, мазасы кету.*

**ҚОПАҚТАУ** *Қопақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАҚТЫ** с ы н. ж е р г. ***Қопалы.***

**ҚОПАЛ** с ы н. ж е р г. *Ебедейсіз, бос. // Ебедейсіз, икемсіз адам.*

**ҚОПАЛАҚ** с ы н. *Иі жұмсақ, бос.*

**ҚОПАЛАҚТА=** е т. **1.** *Қопақтау, қопаң-қопаң ету.* **2.** а у ы с. *Елпелектеу, елпең қағу.*

**ҚОПАЛАҚТАТ=** е т. **1.** *Қобырату, қопақтату.* **2.** а у ы с. *Елпелектету, елпең қақтыру.*

**ҚОПАЛАҚТАТУ** *Қопалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАЛАҚТАУ** *Қопалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАЛАМ** с ы н. *Қобырақ, қопалақ.*

**ҚОПАЛЫ** с ы н. *Қопа басқан, қопасы бар.*

**ҚОПАҢ** е л і к. *Қалбалақтаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. // Қопаңдаған, ебедейсіз қимыл.*

**Қопаң еткізді.** *Қопаңдатты, қозғалтты.* **Қопаң етті**. *Орнынан оқыс көтерілді.*

**ҚОПАҢДА=** е т. *Бір орында отыра алмай, қопаң-қопаң ету.* **2.** а у ы с. *Кеудесін керу, дандайсу.*

**ҚОПАҢДАС=** е т. *Қопаң-қопаң етісу.*

**ҚОПАҢДАСУ** *Қопаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАҢДАТ=** е т. **1.** *Қопаң-қопаң еткізу.* **2.** а у ы с. *Дандайсыту, еліртү.*

**ҚОПАҢДАТУ** *Қопаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАҢДАУ** *Қопаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАР=** е т. **1.** *Жер аудару, жырту.* **2.** *Қазу, қазба жұмысын жүргізу.* **3.** *Жару, жарылыс жасау.* **4.** а у ы с. *Үлкен іс тындыру, жетістікке жету.*

**ҚОПАРҒЫШ**[1] з а т. *Қопару, жару жұмыстарын жүргізетін маман.*

**ҚОПАРҒЫШ**[2] с ы н. *Бір нәрсені қопарып тастайтын (зат).*

**Қопарғыш заряд.** ә с к. *Әскерлердің қозғалысына тосқауыл келтіретін құрылыстарды жою үшін пайдаланылатын заряд.* **Қопарғыш заттар.** г е о л. *Сыртқы әсерден (соққы, жылу т.б.) газ тәрізді өнімдер мен жылу шығаратын химиялық реакцияларды өздігінен таратуға қабілетті, дербес химиялық қосылыстар мен қоспалар.* **Қопарғыш құты.** ә с к. *Жарылғыш заттармен (тротил, мелинит, пироксилин т.б.) сығымдалған, жарылыс жұмыстары жүргізілген кезде қолданылатын жарылғыш.*

**ҚОПАРҒЫШТЫҚ** з а т. *Бір нәрсені қопара алушылық.*

**ҚОПАРМАЛЫ** с ы н. *Қопаратын, қопарғыш.*

**Қопармалы тілдер**. л и н г в. *Түбірге жұрнақ жалғанғанда не мағынасын өзгерткенде түбір тұлғасының өзі өзгеріп отыратын тілдер.*

**ҚОПАРТ=** е т. *Аударыстырту, аударттыру, қаздырту.*

**ҚОПАРТУ** *Қопарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАРУ** *Қопар етістігінің қимыл атауы.*

**Қопару жұмыстары**. г е о л. *Қопарғыш заттардың көмегімен жүргізілетін канал, қазаншұңқыр қазу, тау-тасты, жерді жару жұмыстары.* **Қопару құралдары.** ә с к. *Жару жұмыстарын жүргізу үшін қолданылатын жарылғыш заттардың, жару құралдарының, ток көздерінің, өлшегіш және тексергіш аспаптардың құрамы.* **Қопару ұңғымасы.** к е н. *Ішіне жарылғыш заттар орналастыру үшін қолданылатын ұңғыма.* **Қопару ісі.** *Қопару құралдарымен орындалатын жұмыс.*

**ҚОПАРУШЫ** з а т. *Қопару ісін істеуші, қопарғыш.*

**ҚОПАРЫЛ=** е т. **1.** *Аударылып-төңкерілу, астан-кестені шығу.* **2.** *Жер жыртылу, аударылу.* **3.** *Жарылыс жасалу.* **4.** *Түбірінен жұлыну, үзілу.* **5.** а у ы с. *Бәрі бірдей, дүркірей көтерілу.* **6.** а у ы с. *Түбегейлі өзгеру.*

**ҚОПАРЫЛҒЫШ** с ы н. *Қопарылу әрекетіне бейім, қопарылу қасиеті жоғары.*

**Қопарылғыш газдар**. к е н. *Белгілі бір пропорцияда ауамен араласқан кезде қопарылыс тудыратын газдар (метан, жоғары көмірсутектер, сутек пен көміртек оксиді т.б.).*

**ҚОПАРЫЛУ** *Қопарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАРЫЛЫС** зат. **1.** *Бір нәрсенің қопарылуы; жарылыс.* **2.** *Адам санасындағы, қоғамдағы өзгеріс.*

**Қопарылыс толқыны**. геол. *Қопарылыс кезінде таралып, қоршаған ортаның тепе-теңдік күйін аз уақыт бұзатын соққы толқын.*

**ҚОПАРЫНДЫ** зат. *Қопарылыс, жарылыс кезінде сыртқа шығып қалған әртүрлі заттар.*

**ҚОПАРЫС=** ет. *Аударып-төңкерісу, астын үстіне шығарысу, ақтарысу.*

**ҚОПАРЫСТЫР=** ет. *Қопарып ақтара қарау, аударып-төңкеру.*

**ҚОПАРЫСТЫРУ** *Қопарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАРЫСУ** *Қопарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПАСЫЗ** сын. *Қопасы жоқ.*

**ҚОПАШЫҚ** зат. *Көлемі шағын қопалы жер.*

**ҚОПАЮ** *Қопай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПИ**= ет. сөйл. ***Қомпи.***

**ҚОПИТ**= ет. сөйл. *Қомпиту, компайту.*

**ҚОПИТУ** *Қопит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПИЮ** *Қопи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОП-ҚОҢЫР** сын. *Өте, тым қоңыр.*

**ҚОП-ҚОЮ** сын. *Тым қою, өте қою.*

**ҚОПСЫ**= ет. **1.** *Тығыз нәрсенің (топырақ, жүн т.б.) босап көтерілуі.* **2.** *Жиналмау, қобырау, ыбырсу.* **3.** *Опырылу, мүжілу, үгітілу.*

**ҚОПСЫҒЫШТЫҚ** зат. *Қопсуға бейімділік, борпылдақтық.*

**ҚОПСЫҚ** сын. *Борпылдақ, жұмсақ, бос.*

**ҚОПСЫҢҚЫ** сын. *Қопсыған, бос; жұмсақ, борпылдақ.*

**ҚОПСЫҢҚЫРА**= ет. *Қопси түсу, көтерілу.*

**ҚОПСЫҢҚЫРАУ** *Қопсыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПСЫТ**= ет. **1.** *Топырақты босату, жұмсарту.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Өткен істі, әңгімені қайта қоңырсыту, қазбалау.*

**ҚОПСЫТҚЫШ** сын. **1.** *Топырақты босатып қопсытуға арналған.* // *Қопсытуға арналған құрал.* **2.** кен. *Тау жыныстарын механикалық қопсытуға арналған (түренді жабдық).*

**ҚОПСЫТУ** *Қопсыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топырақты босату, жұмсарту.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Өткен жағымсыз іс, әңгімені қайта қазбалау.*

**ҚОПСЫТЫЛ**= ет. *Босатылу, жұмсартылу.*

**ҚОПСЫТЫЛУ** *Қопсытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОПЫ** зат. сөйл. жерг. ***Қорық.***

**ҚОПЫН** зат. жерг. **1.** *Егін басына уақытша салынған, ағаш бұталарынан құрастырылып, үсті шөп-шаламмен жабылған баспана үйшік.* **2.** *Жер үй.*

**ҚОПЫРА=** ет. сөйл. *Қобырау, үйме-жүйме болу.*

**ҚОР**[1] зат. **1.** *Мол болып жиналған қазына, дәулет.* **2.** *Әлі игеріле қоймаған табиғи байлық.* **3.** қаржы. *Мемлекеттің, кәсіпорынның белгілі бір мақсатқа арналған ақша қаражаты немесе материалдық құндылықтары.* **4.** қоғ. *Жеке азаматтар және заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ, коммерциялық ұйым.*

**Қор арбитражы**. экон. *Бағамдық айырма алу мақсатымен бағалы қағаздарды (акцияларды, облигацияларды) сатып алу-сату операциялары.* **Қор биржасы**. экон. *Негізгі қызметі бағалы қағаздармен сауда жасауды ұйымдастыру болып табылатын, өз жұмысын қолданымдағы заңдарға сәйкес және биржа белгілеген қағидаларға сай жүзеге асыратын заңды тұлға.* **Қор дүкені.** экон. *Халықтың қатысуымен болатын, бағалы қағаздермен байланысты ұсақ операцияларға мамандандырылған қор нарығының институты.* **Қордың пайдалану индексі.** кен. *Пайдалы кендер қорының сарқылу және пайдалану көрсеткіші.* **Қор жинады.** а) *Қажетті материал жинады.* ә) *Азық-түлік, қаражат жинады.* **Қор нарығы.** экон. *Инвестицияларды, әсіресе ұзақ мерзімді инвестицияларды негізгі капиталға жанамалайтын капитал нарығының бөлігі.* **Қор операциялары.** экон. *Банкілердің бағалы қағаздармен (акциялар, облигациялар) жасайтын операциялары.*

**ҚОР**[2] зат. тамақ. *Қымыздың ашытқысы.*

**ҚОР**[3] зат. жерг. *Қоламта, ыстық күл.*

**ҚОР**[4] [ир. خوار] сын. *Сорлы, бишара, байғұс.*

**Қор болды.** а) *Сорлады, соры қайнады.* ә) *Қадірі кетті, бағасы түсті.* **Қор етті.** *Сорын қайнатты, сорлатты.* **Қор кісі.** *Адам қатарына қосылмаған, бейшара адам.* **Қор қылды.** *Бағасын түсірді, қадірін кетірді.* **Қор санады.** *Кем көрді, менсінбеді.* **Қор тұтты.** *Кемітті, төмен санады.*

**ҚОР**[5] еліќ. *Ыңғайсыз жатқан немесе тыныс жүйесін май басқан яки ауырып жүрген адамның ұйықтаған кезде ауыз қуысынан қырылдап шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қор ете қалды [түсті].** *Тез ұйықтап кетті.* **Қор етті.** *Қорылдады, ұйықтап кетті.*

**ҚОР**[6] [ар. حورية]: **қордың қызы**. *Діни сенім бойынша жұмақтағы ең сұлу қыз.*

**ҚОРА**[1] зат. **1.** *Қабырғалары ағаш, қамыс не саманнан қаланып, төбесі жабылған, мал қамауға арналған орын, жай.* **2.** *Есік алдындағы төңірегі қоршалған ашық жер, аула.* **3.** *Ауылдағы қой жататын ашық жер, қотан.*

**Қора баспақ**. жерг. *Астындағы қудың мезгілінде алынбауынан болатын қойдың өкпе ауруы.* **Қораға түсті.** *Ұрлық қылды деген мағынада.* **Қорасы қойға толды.** *Мал бітті.*

**ҚОРА**[2] зат. жерг. *Шеңбер.*

**ҚОРАБА**[1] зат. *Жинаған дәулет, байлық; қор.*

**ҚОРАБА**[2] зат. этн. тамақ. *Саба түбінде қалдырылған ашытқы қымыз.*

**ҚОРАБА**[3] зат. *Сыр, құпия.*

**ҚОРАБАЛАН**= ет. *Қорлану, баю; көбею, молығу.*

**ҚОРАБАЛАНУ** *Қорабалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАБАЛЫ**[1] сын. *Қоры мол, дәулетті, бай.*

**Қорабалы қымыз.** этн. *Мол қордың үстіне күн сайын сүт құя отырып, бірнеше күн жинаған қымыз.* **Қорабалы кісі.** көне. *Қоры ата-бабасынан үзілмеген деген мағынада.*

**ҚОРАБАЛЫ**[2] сын. *Қорабасы мол, жеткілікті.*

**ҚОРАҒАШ** зат. сөйл. ***Қолағаш*** *(қазық, қада қағуға, ұруға арналған, басы жуан, жұмыр ағаштан жасалатын құрал, тоқпақ).*

**ҚОРАҒЫТ**= ет. жерг. *Қорғаншақтау.*

**ҚОРАҒЫТУ** *Қорағыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРА-ЖАЙ** зат. *Мал қамауға, отын, шөп үюге арналған жайлар.*

**ҚОРА-ЖАЙЛЫ** сын. *Қора-жайы бар.*

**ҚОРАЗ** [ир. خروس] зат. **1.** *Тауықтың еркегі, әтеш.* **2.** ауыс. *Ер, батыр.*

**ҚОРАЗДАН**= ет. **1.** *Көкірек керу, менменсу, паңсыну.* **2.** *Мақтану, масаттану.*

**ҚОРАЗДАНДЫР**= ет. *Айбаттандыру, көкірек кергізу.*

**ҚОРАЗДАНДЫРУ** *Қораздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЗДАНУ** *Қораздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЗСЫН**= ет. *Мардамсу, менменсу.*

**ҚОРАЗСЫНУ** *Қоразсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЗША** үст. *Қоразға ұқсап, қораз секілді.*

**ҚОРА-ҚОПСЫ** зат. *Мал қамауға, отын, шөп үюге арналған орын, қора-жай.*

**ҚОРА-ҚОРА** сын. *Қора толы, өте көп, мол.*

**ҚОРАЛА**= ет. **1.** *Малды қораға іиру, енгізу, қамау.* **2.** *Белгілі бір жерді қоршап тастау, айналасын бекіту.*

**Қоралаған қойдай қылды.** *Бөліп тастады, топтастырды.*

**ҚОРАЛАН**[1]= ет. **1.** *Қора-қораға қамалу.* **2.** *Айналасы бекітілу, қоршалу.* **3.** ауыс. *Ошарылу, әлдебір себептен топтасып, жиналып қалу.*

**ҚОРАЛАНУ** *Қоралан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЛАП** үст. *Қора-қорасымен, топ-тобымен.*

**ҚОРАЛАС** сын. *Мекенжайы ұласып, жалғасып, қатар жатқан.*

**ҚОРАЛАС**= ет. *Малды қораға қамасу.*

**ҚОРАЛАСУ** *Қоралас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЛАТ**= ет. *Малды қораға қамау, мал жайлау.*

**ҚОРАЛАТУ** *Қоралат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЛАУ** *Қорала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАЛЫ** сын. **1.** *Бір қора, бір қорадай; қыруар, көп; қора-қора.* **2.** ауыс. *Бір топ, бірнеше.*

**Қоралы бала.** *Шиеттей жан.* **Қоралы қой.** *Бір қора қой.*

**ҚОРАЛЫҚ** сын. *Қора боларлық, қораға жарарлық.*

**ҚОРАМ** зат. *Көлем, шама, мөлшер, аумақ; қарасы.*

**ҚОРАМА** зат. көне. *Ертеде оқ құюға арналған қалып.*

**ҚОРАМДАС** сын. *Көлемдес, мөлшерлес, шамалас; қарайлас.*

**ҚОРАМДЫ** сын. *Көлемді, аумақты, үлкен.*

**ҚОРАМЖЫ** зат. жерг. *Сыбаға, енші, үлес.*

**ҚОРАМСА** зат. сөйл. ***Қорамсақ.***

**ҚОРАМСАҚ** зат. этн. көне. *Садақ, жай оқтарын (жебесін) салып жүруге арналған, оқ салатын қалта, оқшантай.*

**Қорамсаққа қол салды**. көне. *Жау жарағын кезенді.*

**ҚОРАП** зат. **1.** *Бір нәрсенің қатты заттан жасалған қабы.* **2.** *Арба, шана, мәшине т.б. үстіне адам отыру және жүк арту үшін орнатылған қоршау, қалқан.* **3.** спорт. *Винтовка не тапаншаның оқтары салынатын осы қарулардың бір бөлігі болып табылатын жабдық.*

**ҚОРАПСЫЗ** сын. *Қорабы жоқ, ашық, жайдақ.*

**ҚОРАПТА**= ет. *Сыртын қаптау.*

**ҚОРАПТАУ** *Қорапта етісігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАПТЫ** сын. *Қорабы бар, қорап орнатылған.*

**ҚОРАПША**[1] зат. *Шағын, кішірек қорап.*

**ҚОРАПША**[2] зат. өс. *Қауашақ сияқты құрғақ жеміс түрі.*

**ҚОРАСАН** зат. мед. *Шешектің асқынған түрі.*

**Қорасанға қой айтты.** көне. *Жалынып-жалбарынды, қайыр-садақа атады.*

**ҚОРАСЫЗ** сын. *Қорасы жоқ; қораға қамалмаған.*

**ҚОРАШ** сын. **1.** *Көз тойғызып, көңіл толтырмайтын; жұпыны.* **2.** *Төмен, аласа.* **3.** *Кішкентай, шөукиген.*

**Қораш көрінді.** *Көңілге олқы, көзге шағын, кіші көрінді.*

**ҚОРАША** зат. *Шағын қора; қоршау, қоршаулы аула.*

**ҚОРАШАЛА**= ет. сөйл. ***Қорша.***

**ҚОРАШАЛАУ** *Қорашала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРА-ШАРБАҚ** зат. *Үй айналасындағы қоршау, шарбақ.*

**ҚОРАШСЫН**= ет. *Қораш санау; олқысыну, көңілі толмау, менсінбеу.*

**ҚОРАШСЫНУ** *Қорашсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАШТАН**= ет. **1.** *Ұсқыны кету, жұтау.* **2.** ауыс. *Тартыншақтану.*

**ҚОРАШТАНДЫР**= ет. *Ұсқынын кетіру, жұтаңдату.*

**ҚОРАШТАНДЫРУ** *Қораштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАШТАНУ** *Қораштан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРАШТАРПАҢ** зат. зоол. *Жылқының орманда кездесетін жабайыланған, тағы түрі.*

**ҚОРАШТАУ** сын. **1.** *Көңіл толмайтындай, көзге олқылау.* **2.** *Кішілеу, шәукиген.*

**Қораштау денелі.** *Тапалдау, мыртық.*

**ҚОРАШТЫҚ** сын. **1.** *Көңіл толмастық; шағындық, майдалық.* **2.** *Жұпынылық, қарапайымдық.*

**ҚОРАШЫ** зат. *Қора-жай соғушы, қора салушы.*

**ҚОРАШЫҚ** зат. *Шағын қора.*

**ҚОРАШЫЛ** сын. *Қорадан шықпайтын, қораға жайлы (ит).*

**Қорашыл ит.** жағымсыз. *Үй маңайынан шықпайтын, үйге тығыла беретін, үй қорығыш ит.*

**ҚОРБАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Қорбаңда.***

**ҚОРБАЛАҢДАС=** ет. сөйл. *Қорбаң-қорбаң етісу, қорбаңдасу.*

**ҚОРБАЛАҢДАСУ** *Қорбаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБАЛАҢДАУ** *Қорбалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБАҢ** елік. *Ебедейсіз, келіссіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. // Қорбиған, көзге қораш.*

**Қорбаң етті.** *Ебедейсіз қимылдады.* **Қорбаң қақты.** *Қорбаң-қорбаң етті, ебедейсіз қимылдады.*

**ҚОРБАҢДА=** ет. *Қорбаң-қорбаң ету, ебедейсіз қозғалу.*

**ҚОРБАҢДАС=** ет. *Қорбаң-қорбаң етісу.*

**ҚОРБАҢДАСУ** *Қорбаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБАҢДАТ=** ет. **1.** *Қорбаң-қорбаң еткізу.* **2.** ауыс. *Елірту, дандайсыту.*

**ҚОРБАҢДАТУ** *Қорбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБАҢДАУ** *Қорбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБАҢ-ҚОРБАҢ** елік. *Қорбаңдаған, икемсіз жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Қорбаң-қорбаң етті.** *Қорбаңдады, икемсіз қозғалды.*

**ҚОРБАШЫ** зат. көне. тар. *Әскербасы, қолбасы.*

**ҚОРБИ=** ет. *Кең киім кигендіктен қомпиып көріну.*

**ҚОРБИТ=** ет. *Қомпиту, ұрпиту.*

**ҚОРБИТУ** *Қорбит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРБИЮ** *Қорби етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қауіп-қатерден аман алып қалу, құтқару, сақтау.* **2.** *Біреуге болысу, қамқорлық жасау, жақтау.* **3.** ғылым. *Магистрлік, кандидаттық не докторлық дәреже алу үшін ғылыми кеңесте өз еңбегінде жазылған пікірлерін, тұжырымдарын дәлелдеп шығу.* **4.** пед. *Жоғары оқу орнын бітіруші студенттің жазған диплом жұмысын комиссия алдында баяндап, тұжырымдарын дәлелдеп беру.*

**ҚОРҒАҒАНСУ** *Қорғағансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАҒАНСЫ** = ет. *Қорғаған болғансу.*

**ҚОРҒАҒЫШ**[1] зат. тех. **1.** *Тым көп электр кернеуінен желінің зақымдануын болдырмау үшін электр есепшісіне салынатын тығын.* **2.** *Соққы беретін дүмпіні тежеп ұстайтын тетік.*

**ҚОРҒАҒЫШ**[2] сын. *Үнемі қорғап, сақтап жүретін.*

**ҚОРҒАҚТА=** ет. сөйл. *Имену, бата алмау, қорғалақтау.*

**ҚОРҒАҚТАУ** *Қорғақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛ=** ет. **1.** *Сақталу, қорғашталу, қамқорлыққа алыну.* **2.** *Қоршалу, қорған жасалу.*

**Қорғалған режім.** инф. <ағыл. protected mode> *Есептеу мәшинесінің қосымша жадына төте бағыттауға мүмкіндік беретін жұмыс режимі.* **Қорғалған файл.** инф. <ағыл. protected file> *Жазбаларға кіру үшін пароль енгізуді қажет ететін файл.*

**ҚОРҒАЛА**[1]**=** ет. **1.** *Қорғаштап сақтау, қорғап қалу.* **2.** *Пана тұту, паналау, саялау, қорғаныш іздеу.*

**ҚОРҒАЛА**[2]**=** ет. *Батылы бармау, жасқану, именшектену.*

**ҚОРҒАЛАҚ** сын. *Жасқаншақ, именшек, қорғаншақ.*

**ҚОРҒАЛАҚТА=** ет. *Жасқаншақтау, тайсақтау, бұқпантайлау.*

**ҚОРҒАЛАҚТАУ** *Қорғалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛАН=** ет. *Тасалану, сақтану, айбыну.*

**ҚОРҒАЛАНУ** *Қорғалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛАҢ** сын. *Жасқаншақ, именшек, ұялшақ.*

**ҚОРҒАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Қорғалақта.***

**ҚОРҒАЛАҢДАУ** *Қорғалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛАҢСЫЗ** сын. *Жасқанбайтын, тайсақтамайтын.*

**ҚОРҒАЛАТ=** ет. **1.** *Қорғаштату, қызғыштай қору.* **2.** *Айбындыру, сескендіру.* **3.** *Паналату, пана беру.*

**ҚОРҒАЛАТУ** *Қорғалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛАУ** *Қорғала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАЛАУЫҚ** сын. *Жалтақ мінезді, жасық.*

**ҚОРҒАЛАУЫҚТЫҚ** сын. *Жалтақтық, жасықтық.*

**ҚОРҒАЛУ** *Қорғал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАМПАЗ** сын. *Қорғаншақ, бас сауғалаушы.*

**ҚОРҒАМПАЗДЫҚ** зат. *Қорғаншақтық, бас сауғалаушылық.*

**ҚОРҒАН** зат. **1.** *Бір нәрсені айнала соққан қоршау, дуал, биік қабырға.* **2.** *Айнала қорғаныс және қоршау жағдайында ұзақ уақыт ұрыс жүргізуге арналған, айтарлықтай қарулы жасағы бар, әскери жағынан күшейтілген маңызды бекініс, қамал.* **3.** ауыс. *Арқа сүйеп, күш тұтар тірек, таяныш, пана.*

**Қорған бекші.** тар. *Қорған бастығы.*

**ҚОРҒАН**[1]**=** ет. *Өзін қорғау, сақтану.*

**ҚОРҒАН**[2]**=** ет. *Жасқаншақтану, имену, тайсақтау.*

**ҚОРҒАНДА=** ет. *Белгілі бір жерді қоршау, қорған салу, бекіту.*

**ҚОРҒАНДАЙ** сын. **1.** *Қорған тәрізді, қорған сияқты.* **2.** ауыс. *Мықты, берік қамалдай.*

**ҚОРҒАНДАЛ=** ет. *Қоршалу, дуалмен бекітілу.*

**ҚОРҒАНДАЛУ** *Қорғандал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАНДАУ** *Қорғанда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАНДЫ** сын. *Қоршауы бар, айнала қоршалған.*

**ҚОРҒАНСЫЗ** сын. **1.** *Қорған-қамалы жоқ, қоршаусыз.* **2.** ауыс. *Панасыз, қорғаушысы, сүйенері жоқ.*

**ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ** зат. *Панасыздық, жан ашыры, сүйенері жоқтық.*

**ҚОРҒАНУ** *Қорған етістігінің қимыл атауы.*

**Қорғану қабілеті.** психол. *Жеке адамдардың, адамдар топтарының және мемлекеттің сыртқы агрессиядан қорғануға дайындығының дәрежесі.* **Қорғану қалқаншалары.** спорт. *Футбол, хоккей және т.б. ойындарда аяқты соққылардан қорғау үшін қолданылатын жабдық.*

**ҚОРҒАНУШЫ** зат. **1.** *Жау шабуылынан қорғану үшін қарсы соғысушы.* **2.** *Өзін қорғаушы, өзін-өзі сақтаушы.*

**ҚОРҒАНУШЫЛЫҚ** зат. *Қорғану, сақтану қасиеті.*

**ҚОРҒАНША** үст. *Қорған секілді, қорғанға ұқсап.*

**ҚОРҒАНШАҚ** сын. *Жасқаншақ, именшек.*

**ҚОРҒАНШАҚТА**[1]**=** ет. *Жасқаншақтау, қорқу, имену.*

**ҚОРҒАНШАҚТА**[2]**=** ет. *Қорғаштау, қору.*

**ҚОРҒАНШАҚТАН**[1]**=** ет. *Жасқаншақтану, именшектену.*

**ҚОРҒАНШАҚТАН**[2]**=** ет. *Қорғаштану, қорыну.*

**ҚОРҒАНШАҚТАНУ** *Қорғаншақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАНШАҚТАУ**[1] *Қорғаншақта етістігінің қимыл атауы; имену, жасқаншақтау.*

**ҚОРҒАНШАҚТАУ**[2] *Қорғаншақта етістігінің қимыл атауы; қорғаштау, қору.*

**ҚОРҒАНШАҚТЫҚ** зат. *Жасқаншақтық, именшектік, батылсыздық.*

**ҚОРҒАНШЫ** зат. сөйл. ***Қорғаушы.***

**ҚОРҒАНЫС** зат. **1.** *Қорғану ісі, қорғану бағытында жүргізілетін жұмыс.* **2.** әск. *Жау күшіне тойтарыс беріп, қарсы шабуылға шығу мақсатында жүргізілетін ұрыс.* **3.** *Қорғанатын жер, бекініс.* **4.** спорт. *Спортшының не команданың қарсыласының шабуылын тойтарып, басымдық бермеуі.* **5.** спорт. *Қарсы команданы өз қақпасына (шығыршығына) жақындатпау мақсатындағы әрекет.*

**Қорғаныс аймағы.** әск. *Қорғаныс мақсатында инженерлік құрылыстармен жабдықталған жергілікті жер ауданы.* **Қорғаныс қалтасы.** спорт. *Жыныс мүшелерін зақымданудан сақтайтын қатты қалқан.* **Қорғаныс мәнеріндегі боксшы.** спорт. *Қарсыласының шабуылын тежеп, сол арқылы оны шаршату тәсілімен жекпе-жек жүргізетін боксшы.* **Қорғаныс шебі.** әск. *Әскердің қорғаныс әрекетін жүргізу үшін инженерлік тұрғыда дайындалған алқап.*

**ҚОРҒАНЫССЫЗ** сын. *Қорғанысы жоқ, қорғалмаған.*

**ҚОРҒАНЫСТЫҚ** зат. *Қорғай алатындық, қорғанысқа қажетті.*

**Қорғаныстық тежеу тетігі.** әск. *Әртүрлі қауіп-қатерден сақтану үшін жасалған шектеу тетігі.*

**ҚОРҒАНЫСШЫ** зат. спорт. сөйл. *Қорғанысқа қатысушы, қорғаушы.*

**ҚОРҒАНЫШ** зат. **1.** *Қорғап, сақтап қалатын нәрсе.* **2.** *Қамын ойлаушы, қамқоршы; таяныш, сүйеніш.*

**Қорғаныш бажы**. экон. *Отандық өндірушілерге елеулі зиян келтіруі мүмкін мөлшерде жеткізілген тауарларға кеден бажынан тыс алынатын баждар.* **Қорғаныш жамылғы.** әск. *Ұшақтардан және химиялық снарядтардан (миналардан) түсетін сұйық тамшылы улағыш заттардан, сондай-ақ радиоактивті заттар мен бактериялық заттар залалдарынан сақтану үшін қолданылатын жекелей қорғаныс құралы.***Қорғаныш қаптама.** құрыл. *Құрылыс материалдарын (ғимараттар т.б.), металдан жасалған бұйымдарды жемірілуден қорғау үшін олардың сыртқы бетін қаптайтын заттар құрамы.* **Қорғаныш рең [түс].** биол. <ағыл. mimicru> *Жануарлар мен өсімдік түрлерінің реңі мен пішінінің басқа жануарға, өсімдікке немесе затқа ұқсауы.*

**ҚОРҒАНЫШТЫҚ** сын. *Қорғаныш боларлық, қорғап сақтарлық.*

**ҚОРҒАП-ҚОРША=** ет. **1.** *Бағып-қағып өсіру, пана болу; қамқорлық жасау.* **2.** миф. *Қайтыс болған адамның аруағы тірі адамды желеп-жебеп жүруі туралы.*

**ҚОРҒАП-ҚОРШАУ** *Қорғап-қорша етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАС=** ет. *Бірлесіп қорғау, қорған болу.*

**ҚОРҒАСУ** *Қорғас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАСЫН** зат. **1.** хим. *Сұрғылт түсті, жұмсақ, майысқыш және ауыр салмақты, созылғыш металл.* **2.** ек. *Қорғасыннан жасалған оқ.*

**Қорғасын ваннасында шынықтыру.** мәш. *Балқытылған қорғасынның ішінде суыту арқылы*

*шынықтыру.* **Қорғасын қосылыстары.** хим. *Қорғасын элементі түзетін химиялық қосылыстар.* **Қорғасын құйғандай.** *Естілмейтіндей, ұқпайтындай.*

**ҚОРҒАСЫНДА=** ет. **1.** *Қорғасын қосу, қорғасын салу.* **2.** кен. *Металл бұйымдардың сыртына тоттанбау үшін және рентген сәулелері әсерінен сақтау үшін қорғасын жалату.*

**ҚОРҒАСЫНДАЙ** сын. **1.** *Қорғасын сияқты, қорғасын тәрізді.* **2.** ауыс. *Салмақты, ауыр.*

**Қорғасындай балқытты.** *Ерітті, елжіретті.* **Қорғасындай еріді.** *Жан-жүйесі босап егілді, елжіреді.*

**ҚОРҒАСЫНДАТ=** ет. *Қорғасын қоспасын қостыру, қорғасын жалату.*

**ҚОРҒАСЫНДАТУ** *Қорғасындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАСЫНДАУ** *Қорғасында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАСЫНДЫ** сын. **1.** *Қорғасыны мол.* **2.** *Қорғасын құйылған, араласқан.*

**Қорғасынды қорытпалар.** кен. *Қорғасынның негізінде қалайы, сүрме, мыс және т.б. элементтер қосылған қорытпалар.*

**ҚОРҒАСЫНСЫЗ** сын. *Қорғасыны жоқ, қорғасын құйылмаған.*

**ҚОРҒАСЫНША** үст. *Қорғасын секілді, қорғасынға ұқсап.*

**ҚОРҒАСЫНШӨПТЕР** зат. бот. <лат. plumbaginaceae> *Бір және көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық, лиана өсімдіктері тұқымдасы.*

**ҚОРҒАСЫНШЫ** зат. *Қорғасын өндірісінде жұмыс істеуші адам, қорғасын құюшы маман.*

**ҚОРҒАТ=** ет. **1.** *Сақтату, тигіздірмеу.* **2.** ғылым. *Зерттеушіге өз еңбегінде жазылған пікірлерін, тұжырымдарын ғылыми кеңесте дәлелдеп шығып, қорғауға жетекшілік ету, кеңес беру.*

**ҚОРҒАТУ** *Қорғат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАУ[1]** зат. **1.** заң. *Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару, жеңілдету, заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.* **2.** ғылым. *Диссертациялық зерттеу жұмысының тұжырымдарын қорғайтын ғылыми кеңес отырысы.*

**ҚОРҒАУ[2]** *Қорға етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҒАУСЫЗ** сын. *Қорғайтын адамы, сүйеушісі жоқ.*

**ҚОРҒАУШЫ** зат. **1.** *Қауіп-қатерден сақтаушы, ел қорғаны.* **2.** *Қамқоршы, бәле-жаладан сақтаушы.* **3.** *Белгілі бір мүддені, мақсатты жақтаушы.* **4.** заң. <лат. advocatus> *Заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.* **5.** спорт. *Қарсыластар шабуылшыларына тойтарыс беретін ойыншы.*

**ҚОРҒАУШЫЛЫҚ** зат. *Қорғаушы болушылық, қорғағандық.*

**ҚОРҒАУЫШ** зат. *Сыртқы әсерлерден сақтайтын жамылғы, киім т. б. заттар.*

**ҚОРҒАШБАЙ: қорғашбай сақа.** этн. ойын. *Табан жағын молырақ ойып, қорғасын құйған сақа.*

**ҚОРҒАШТА[1]=** ет. *Бір нәрсені қорғау, қору; жақтау, шыр-пыр болу.*

**ҚОРҒАШТА[2]=** ет. *Жасқану, имену.*

**ҚОРҒАШТАУ[1]** *Қорғашта[1] етістігінің қимыл атауы; қорғау, қору.*

**ҚОРҒАШТАУ[2]** *Қорғашта[2] етістігінің қимыл атауы; жасқану, имену.*

**ҚОРҒЫШТА=** ет. сөйл. ***Қорғашта.***

**ҚОРҒЫШТАУ** сөйл. *Қорғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРДА** зат. **1.** *Көң, қи т. б. заттардың бірнеше жыл бойы жатқан үйіндісі.* **2.** хим. *Түрлі органикалық заттар мен өсімдік қалдықтарын шіріту арқылы алынатын өте құнарлы тыңайтқыш.* **3.** кен. *Қазба байлық қоры, көзі.* **4.** ауыс. *Көп жыл жинақталған қор, қазына иесі.* **5.** ауыс. *Ескі тарих, өткен-кеткен уақиға.* **6.** ауыс. *Құпия, жұмбақ.* **7.** ауыс. *Қалың қасірет.*

**ҚОРДАЛА=** ет. *Жиналу, сақтау, жинастыру.*

**ҚОРДАЛАН=** ет. **1.** *Жиналу, үйілу.* **2.** ауыс. *Ішінде сақталу, көптен жиналып қалу.*

**ҚОРДАЛАНДЫР=** ет. *Жинақтау, жинастыру, сақтау.*

**ҚОРДАЛАНДЫРУ** *Қордаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРДАЛАНУ** *Қордалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРДАЛАУ** *Қордала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРДАЛЫ** сын. *Қоры көп, бай; мол қазыналы.*

**Қордалы ауыл [ел, үй].** *Малға бай, дәулетті жұрт.*

**ҚОРДАҢ** елік. *Ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ҚОРДАҢДА=** ет. **1.** *Қалың киініп, қорбаң-қорбаң ету.* **2.** *Әкірең-әкірең ету, әкіреңдеу.*

**ҚОРДАҢДАУ** *Қордаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРДАП** зат. хим. *Зертханада құрғақ бактериядан әзірленген ашытқы, ұйытқы.*

**ҚОРЕК** [ир. خوراك] зат. **1.** биол. *Табиғаттағы тіршілік иелерінің өмір сүріп, өсіп-өнуіне қажетті нәр, азық, тамақ.* **2.** ауыс. *Рухани азық, жан дауасы.* **3**. ауыс. *Өндіріске керекті шикізат.*

**Қорек етті.** *Нәр татты, талшық етті.* **Қорек қылды.** *Талғажау етті, тамақ етті.*

**ҚОРЕКСІЗ** сын. **1.** *Азықсыз, тамақсыз.* **2.** *Құнарсыз, нәрсіз.* **3.** *Сусыз.*

**ҚОРЕКТЕН=** ет. **1.** биол. *Құс, жан-жануар, жәндіктердің тамақ тауып жеуі.* **2.** ботан. *Өсімдіктердің бойына қажетті қуат қорын беретін заттарды алуы.* **3.** биол. *Жануарлар мен құстардың жеген тамақты сіңіруі, қорытуы, қоректік заттарды бойына алуы.* **4.** *Тамақ жеу, тамақтану (адам).* **5.** тех. *Қуат алу.*

**ҚОРЕКТЕНГІШ** сын. *Қорек ететін, қоректенетін.*

**ҚОРЕКТЕНДІР=** ет. биол. **1.** *Құс, жан-жануар, жәндіктердің балапан, төлдеріне азық тауып беріп тамақтандыруы.* **2.** *Жүйке жүйесінің ұлпадағы және жануар ағзасы мүшелеріндегі зат алмасуға тікелей әсер етуі.* **3**. *Қолдан үстеме қуат көзін беру, қажетті қоректік заттарды толықтыру.*

**ҚОРЕКТЕНДІРГІШ** сын. *Қорек беретін, қоректендіретін.*

**ҚОРЕКТЕНДІРУ** *Қоректендір етістігінің қимыл атауы.*

**Қоректендіру блогі.** инф. <ағыл. power supply unit> *Кернеуі, жиілігі, қуаты белгілі электр энергиясымен компьютерді немесе басқадай аппаратураны жасақтайтын құрылғы.* **Қоректендіру көзі.** инф. <ағыл. power supply> *Компьютер үшін тұрақты электрлік кернеуді қалыптастыратын 12 және 5 вольт кернеуге түрлендіру болып табылатын құрылғы.*

**ҚОРЕКТЕНДІРУШІ** зат. *Қуат, күш беруші.*

**Қоректендіруші жүйке.** биол. *Ұлпалардың зат алмасуы мен қоректенуін реттейтін жүйке.*

**ҚОРЕКТЕНДІРІЛ=** ет. *Тыңайтқыш қосылу, нәрлендірілу.*

**ҚОРЕКТЕНДІРІЛУ** *Қоректендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЕКТЕНУ** *Қоректен етістігінің қимыл атауы.*

**Қоректену атырабы.** сушар. *Сулы қабатқа атмосфералық жауын-шашынның, жерасты және жерүсті суларының түсу атырабы.* **Қоректену ауданы.** сушар. *Жерасты суларының қалыптасуына тікелей әсері бар аудан.* **Қоректену модулі.** сушар. *Жерасты су сақтағыш қабатының сумен толықтырылуы.* **Қоректену ошақтары.** *Берілген сулы қабатқа жауын-шашынның, жерүсті және жерасты суларының қарқынды түрде келіп қосылатын орындары (жерлер).* **Қоректену тізбегі.** *Ағзалар арасындағы өзара қатынас.*

**ҚОРЕКТІ** сын. биол. *Құнарлы, кенеулі, сіңімді.*

**ҚОРЕКТІК** сын. биол. **1.** *Қорек боларлық, азықтық, құнарлылық.* **2.** *Ағзаның дұрыс жетілуіне қажетті.*

**Қоректік аумақ.** егіншар. *Әр өсімдіктің тамырын қоректендіретін жер аумағы.* **Қоректік деңгей.** биол. <грек. trophe> *Қоректену типімен біріктірілген ағзалар жиынтығы.* **Қоректік ерітінді.** биол. *Өсімдіктерді минералды заттармен қоректенуі мен тамыр жүйесі қызметтерін зерттеу үшін өсіруге арналған жасанды ерітінді.* **Қоректік заттектер қоры.** биол. *Топырақтың белгілі бір қабатындағы қоректік заттектер қоры.* **Қоректік орта.** биол. а) *Микробиологиялық практикада әртүрлі микроорганизмдерді өсіруге арналған орталар.* ә) *Микробиологияда бактерия, саңырауқұлақ (ашытқы және зең саңырауқұлақтар) және балдырлар өсіру үшін қолданылатын қоректік заттар.*

**ҚОРЕКТІЛЕУ** сын. биол. *Қоректік қасиеті молдау, құнарлылау, жұғымдылау.*

**ҚОРЕКТІЛІК** зат. биол. *Жұғымдылық, құнарлылық, нәрлілік.*

**ҚОРЕКТІК-ТІРЕКТІК: қоректік-тіректік ұлпа.** биол. *Көпжасушалы жануарлар ағзасында ұрықтық дамудың алғашқы сатыларында-ақ эпителий ұлпаларымен қатар жетілетін ұлпа.*

**ҚОРЕН** сын. жерг. *Мешкей, жемқор, тамақ талғамайтын.*

**ҚОРЕНДЕУ** сын. *Жемқорлау, мешкейлеу.*

**ҚОРЕНДІ** сын. сөйл. ***Қорен.***

**ҚОРЖА** зат. жерг. *Егіншілікпен шұғылданатын 20-30 түтіннен тұратын отырықша ауыл, қыстақ.*

**ҚОРЖАҢ** сын. **1.** *Қимылы ебедейсіз, қоржиған (адам).* **2.** *Дөрекі, тұрпайы, қолайсыз.*

**ҚОРЖАҢДА=** ет. *Қоржаң-қоржаң ету, ебедейсіз қимылдау.*

**ҚОРЖАҢДАУ** *Қоржаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЖИ=** ет. *Қорбию, құжірею.*

**ҚОРЖИЮ** *Қоржи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЖЫН[1]** [ир. خورجين] зат. **1.** этн. *Әртүрлі нәрсе салуға арналып, иірілген жүннен, матадан тоқылған екі басты қапшық, теңдеме.* **2.** экон. *Жекелеген фирма, сала және микроэкономика деңгейіндегі белгілі бір күнгі тауарлар тапсырысының жиынтығы.* **3.** экон. *Сұранымды және дайындаушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып жасалатын, өнімді жеткізу шарттарын жасасу үшін негіз болып табылатын тауарлардың түр-түрі бойынша сұрыпталымдық жоспар.* **4.** экон. *Заңды не жеке тұлға иеленетін түрлі бағалы қағаздар; пакеттерінің жиынтығы.* **5.** экон. *Субъектінің байлығын құрайтын активтер жиынтығы.* **6.** экон. *Тапсырыстар жиынтығы (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі) немесе фирма иелігіндегі бағалы қағаз пакеттерінің жиынтығы.* **7.** инф. <ағыл. recycle> *Windows ортасының жүйеге қызмет ету бағдарламасы немесе жүйелік бумасы.* **8.** кәс. *Аудың бір бөлігі.*

**Қоржын апару.** этн. *Қалыңдықтың жасау жабдығын үлкен тойдан бұрын, тіпті бір жыл бұрын апарып, күйеуді қалыңдық еліне көрсетіп, көп ырым-салттардан өтіп қайтатын күйеу жағының барысы.* **Қоржын ау.** кәс. балықшар. *Балық аулайтын екі бөлімді ау.* **Қоржынды әртараптандыру.** экон. *Инвестицияларды бірнеше тәуекелдік активтер арасында бөлу жолымен қатерді бәсеңдетуге бағытталған әдіс.* **Қоржын қора.** *Кірер аузы бір, өзара қарама-қарсы салынған қора.* **Қоржын майланды.** жерг. *Балық ауға көп түсті.* **Қоржын мойнынан түспеді.** *Қайыр тілеу-мен өмірі өтті.*

**Қоржын мұздық.** сушар. *Тау жотасының асу белінде орналасқан ортақ мұздық қар алабынан басталып, салалары жотаның қарсы екі беткейімен ылдиға жылжитын қосарланған тау мұздығы.* **Қоржын түбі қағылды**. *Азықтың қоры таусылды, сарқылды.* **Қоржын шалбар.** этн. *Тізеден жоғарғы жағы делдиген тар балақты шалбар.* **Қоржынына қоқым тоқтамайтын.** *Құтсыз, берекесіз, ырысы жоқ, жолы ауыр (адам).* **Қоржыны тоқ**. а) *Алып келе жатқан дүние-мүлкі мол.* ә) *Олжалы, табысы мол.* **Қоржын үй.** құрыл. *Итарқасы өзімен бірге жабылатын, әдетте құрылыстың өн бойына теріскей жағынан берілетін, астықтың түр-түрін бөлек құятын қамбалары, қақ, қауынқұрт, кептірілген жеміс, ірімшік, құрт, диірменге тартылған ұн қоятын орындары, уақытша ет ілетін адалбақаны болатын, арасында асхананың да міндетін атқаратын, ауызүйден оң жақ, сол жаққа қарай тарайтын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үй.*

**ҚОРЖЫН**[2] зат. этн. ойын. *Балалардың екі топқа бөлініп, әр топтан бір-бір бала шығып, екінші топтан өз тобына екі баланы сүрінбей-жығылмай көтеріп апарғанда, балалар сонда қалатын, жығылса қарсы жақ тобында қалатын балалар ойыны.*

**ҚОРЖЫНДАЙ** сын. *Қоржын сияқты, қоржын тәрізді.*

**ҚОРЖЫНДАН=** ет. *Қоржын сияқтанып, екі бөлікке бөліну.*

**ҚОРЖЫНДАНУ** *Қоржындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЖЫНДАП** үст. **1.** *Қоржын сияқты етіп, екі бөлікке бөліп.* **2.** *Қоржын-қоржын етіп.* **3.** ауыс. *Көп қылып, толтырып.*

**ҚОРЖЫНДАТ=** ет. *Қоржын ету, бірнеше қоржынды болу, артынып-тартыну.*

**ҚОРЖЫНДАТУ** *Қоржындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЖЫНДАУ** *Қоржында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЖЫНДЫ** сын. *Қоржыны бар.*

**ҚОРЖЫНДЫҚ: қоржындық инвестиция.** экон. *Ұзақ мерзімді борышқорлық міндеттемелер мен бағалы қағаздарға салынған қаражат.*

**ҚОРЖЫН-КЕШЕК** зат. *Қоржын және түрлі киім-кешек салынған түйіншектер.*

**ҚОРЖЫН-ҚОЛАҢЫ** зат. *Қоржын және қоржын тәрізді әртүрлі бұйым салатын қап-қалталар, буған-түйген заттар.*

**ҚОРЖЫН-ҚОСҚАЛАҚ** зат. *Қоржын және ішіне неше түрлі зат салатын ыдыстар.*

**ҚОРЖЫН-ҚОСҚАЛАҢ** зат. сөйл. ***Қоржын-қосқалақ.***

**ҚОРЖЫНСӨГЕР** зат. этн. *Құда күту тойындағы қыздың ет жақындарына жігіт жағының әкелген сый-сияпатын, яғни қоржынның аузын – осы рәсімге жиналған әйелдердің бірінің сөгу кәдесі.*

**ҚОРЖЫНТОЙ** этн. *Күйеу есік аша келгенде қайын жұрт жағы жасайтын той.*

**ҚОРЖЫНША** үст. *Қоржын тәрізді, қоржынға ұқсап.*

**ҚОРЖЫНШЫ** зат. көне. *Біреудің қызметіндегі адам.*

**ҚОРҚ** елік. *Мұрнын тартқанда қорс етіп шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қорқ еткізді**. *Қорс еткізді.*

**ҚОРҚАҚ** сын. **1.** *Өжет те өткір емес, жүрексіз, жасқаншақ, үрейшіл. //Жүрексіз, жасқаншақ, батылы жоқ адам.* **2.** *Өз-өзіне сенімсіз, табансыз, күйрек.* **3.** *Үйді айналып шықпайтын, қорқау (ит).* **4.** *Дызақтап, өз-өзінен байыз таппай жүретін, қорқашоқтау.*

**Қорқақ ой**. *Жасқаншақ, дәрменсіз, күмәнді ой.*

**ҚОРҚАҚТА=** ет. *Жүрексіздену, үрейлену, қорқу, жасқаншақтау.*

**ҚОРҚАҚТАУ**[1] сын. *Жүрексіздеу, сужүректеу, жасқаншақтау.*

**ҚОРҚАҚТАУ**[2] *Қорқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚАҚТЫҚ** зат. *Жүрексіздік, батылсыздық, қоянжүректік.*

**ҚОРҚАУ** зат. **1.** *Малға шабатын ит тұқымдас жыртқыш аң.* **2.** ауыс. *Жауыз, залым, озбыр.*

**Қорқау қасқыр.** зоол. <лат. hyaenidae> а) *Сырт пішіні қасқырға ұқсас, артқы аяқтары қысқарақ, алдыңғы аяқтары ұзын, сондықтан денесінің алдыңғы жағы биік келетін сүтқоректілер класы, жыртқыштар отрядының бір тұқымдасы.* ә) *Озбыр, залым.* б) бейн. *Күштіге жағымпаздanып, әлсізге әлімжеттік жасап күн көретін ашкөз, зиянкес (адам).* **Қорқау қасқырдай**. *Жыртқыш аң құсап озбырлық, жауыздық танытып.* **Қорқау қасқыр құлықты.** *Қорқау қасқырдай, озбыр.*

**ҚОРҚАУЛАН=** ет. *Аранын аша түсу, ашкөздену.*

**ҚОРҚАУЛАНУ** *Қорқаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚАУЛЫҚ** зат. *Жауыздық, залымдық, озбырлық; жыртқыштық, қастық.*

**ҚОРҚОР**[1] зат. *Ішінде суы бар, екі жағы тесілген, бір жағында түтігі бар, төбе жағында темекі салатын орны бар, бөтелкеден немесе темірден жасалған шылым тартатын ыдыс.*

**ҚОРҚОР**[2] зат. жерг. этн. ***Қорықтық***[1].

**ҚОР-ҚОР** елік. *Қызған оттың ішінен алған тасты не шоқты сұйыққа салған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қор-қор етті.** *Шоқ не қызған тасты суға, сұйыққа салды, қорылдаған дыбыс шықты.*

**ҚОРҚ-ҚОРҚ** елік. *Қорқылдаған, қорылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қорқ-қорқ етті.** *Қорқылдады, қорқырады.*

**ҚОРҚУ** *Қорық етістігінің қимыл атауы.*

**Қорқу білмейді**. *Батыл, ештемеден қаймықпайды.* **Қорқу түсті**. *Қорқыныш, үрей келді.*

**ҚОРҚУШЫЛЫҚ** зат. *Қорқақтай берушілік.*

**ҚОРҚЫЛ** зат. *Қорқ етіп шыққан дыбыс.*

**ҚОРҚЫЛДА=** ет. *Ішінде су, лай, батпақ бар шағын кеңістікке сұғылып, шыққан кезде қорқ-қорқ еткізген дыбыс шығару.*

**ҚОРҚЫЛДАҚ** сын. *Қорқ-қорқ ете беретін, қорқылдай бергіш.*

**ҚОРҚЫЛДАТ=** ет. *Батпақ, лай жерді қорқ-қорқ еткізіп басу.*

**ҚОРҚЫЛДАТУ** *Қорқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫЛДАУ** *Қорқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫНЫШ** зат. **1.** *Бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошынғанда пайда болатын сезім; қауіп-қатер, үрей.* **2.** психол. *Индивидтің биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда туындайтын эмоция.*

**Қорқыныш кіргізді**. *Қорқытты, үрейлендірді.* **Қорқыныш қысты**. бейн. *Қатты қорықты, зар қақты.* **Қорқыныштан арыла алмады**. *Ұзақ уақыт үрейленіп жүрді, өз-өзіне келе алмады.* **Қорқыныш ұялады**. бейн. *Үрейленді, сескенді.*

**ҚОРҚЫНЫШСЫЗ** сын. **1.** *Қамсыз, үрейсіз. // Қорықпай, қаймықпай.* **2.** *Қауіп-қатері жоқ; бейқам.*

**ҚОРҚЫНЫШТЫ** сын. **1.** *Кісі шошынарлық, үрейлі, қауіп-қатерлі. // Адамның зәрекұтын аларлық.* **2.** *Адам шошырлық (бет-әлпет, дауыс, қимыл).*

**Қорқынышты жағдай [оқиға].** *Үрей туғызатын нәрсе.*

**ҚОРҚЫНЫШТЫЛЫҚ** зат. *Үрейін, зәреқұтын кетіргендік.*

**ҚОРҚЫНЫШТЫРАҚ** сын. *Үрейлірек, қауіптірек.*

**ҚОРҚЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл қорқу, аздап үрейлену.*

**ҚОРҚЫҢҚЫРАУ** *Қорқыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫРА=** ет. *Бауыздалған малдың, жануардың жан шығар алдында қорылдата дыбыс шығаруы.*

**ҚОРҚЫРАТ=** ет. *Малды, жануарды қор-қор еткізіп сою, қанын ағызу.*

**ҚОРҚЫРАТУ** *Қорқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫРАУ** *Қорқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫС=** ет. *Бойды күдік билеп, үрейленісу, қаймығысу, именісу.*

**ҚОРҚЫСУ** *Қорқыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫТ: Қорқыт атам [Қорқыттың] қобызындай.** *Зар илеу, сарнау мағынасында айтылады.*

**Қорқыттың зары.** миф. *Киелі қобыздың үні (немесе Қорқыт әулиенің өз зары, мұңы).* **Қорқыттың қазулы [қайда барса да Қорқыттың] көрі.** миф. а) *Қайда барсаң да өлімнен құтыла алмайсың [Қорқыт – түркі халықтарына ортақ аңыздардағы өліммен күресіп, ажалдан қашып құтылу жолын іздеуші, дүниенің төрт бұрышын кезетін ұлы ойшыл, қобызшы жырау].* ә) *Қайда барса да кезігетіні ауыр азап, зор бейнет (сары уайымға түсіп, қиындықты төндіретін кісі туралы айтылады).*

**ҚОРҚЫТ=** ет. **1.** психол. *Жеке адамға қарсы психикалық күштеудің бір түрі.* **2.** *Сескендіру, зәресін алу, үрейлендіру.* **3.** әск. *Әлеуетті қарсыласты шабуылға шықпастай немесе жауап соққы арқылы қақтығысқа кіріспестей ету.*

**Қорқыт дегенде, осылай қорқыт деп пе едім**. *Айтатын сөзі, істейтін ісі өз шамасынан асып бара жатқанда айтылатын әзіл-шыны аралас сөз.* **Қорқытып алушылық.** заң. *Күш қолдану, мүлікті жою не бүлдіру т.с.с. қоқан-лоқылық көрсетіп, үрейлендіру арқылы мүлікті не мүліктік құқықты иеленуі, мүліктік сипаттағы іс-әрекеттерді талап ету.*

**ҚОРҚЫТҚА** зат. *Үрей тудыру үшін жасалатын қоқан-лоқы.*

**ҚОРҚЫТУ** *Қорқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРҚЫТЫП-ҮРКІТ=** ет. *Қоқан-лоқы көрсетіп сескендіру, үрейлендіру.*

**ҚОРҚЫТЫП-ҮРКІТУ** *Қорқытып-үркіт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЛА=** ет. **1**. *Басыну, кемсіту.* **2.** *Аяқасты ету, қадірін түсіру.* **3.** *Біреудің ар-намысын аяққа басу.* **4.** *Жәбірлеу, азаптау; абыройынан айыру, қорлық көрсету.*

**ҚОРЛАН**[1]**=** ет. **1.** *Ашу, ыза кернеу, ызаға булығу, күйзелу.* **2.** *Абыройы төгілу, біреудің басынғанына күйіну.* **3.** *Ұятқа қалу, ұятын тарту.* **4.** *Ар көру, намыстану, біреудің мүсіркегеніне ашыну.* **5.** *Намысы аяққа тапталу, намыстану.*

**ҚОРЛАН**[2]**=** ет. **1.** *Мол етіп қор жинау, баю.* **2.** экон. *Ұлттық табыстың бір бөлігін өндірісті кеңейту қажеттеріне пайдалану.* **3.** ауыс. *Көбею, молаю.*

**Қорланған пайыз.** экон. *Облигация бойынша соңғы төлем төленген күннен бастап құралған пайыз жиыны.*

**ҚОРЛАНДЫР**[1]**=** ет. *Ызаландыру, намыстандыру, күйзелдіру.*

**ҚОРЛАНДЫР**[2]**=** ет. **1.** *Мол етіп қор жидыру.* **2.** ауыс. *Байыту, көбейту.*

**ҚОРЛАНДЫРУ**[1] *Қорландыр[1] етістігінің қимыл атауы; ызаландыру, намыстандыру.*

**ҚОРЛАНДЫРУ**[2] *Қорландыр[2] етістігінің қимыл атауы; қор жинату, байыту.*

**ҚОРЛАНУ**[1] *Қорлан етістігінің қимыл атауы; ызалану, ызаға булығу.*

**ҚОРЛАНУ**[2] *Қорлан етістігінің қимыл атауы; қор жинау, баю.*

**Қорлану мөлшері.** экон. *Қосымша құнның жинақталатын мөлшерінің жұмыс істеп тұрған капиталға немесе қосымша құнның бүкіл мөлшеріне қатынасы.* **Қорлану нормасы.** экон. *Қорланатын қосымша өнімнің (қорланым қорының) ұлттық табысқа пайыз түрінде көрсетілген қатынасы.* **Қорлану шоты.** экон. *Акциялар шығаратын коммерциялық банкке арналып Орталық (Ұлттық) банк мекемелерінде ашылатын шот.*

**ҚОРЛАНЫМ** з а т . с ө й л. ***Қор.***

**Қорланым қоры.** э к о н . *Өндірістік және бейөндірістік негізгі қорларды молайту үшін, сондай-ақ босалқы сақтандыру қорлары мен сақтық қорларын жасау үшін пайдаланылатын ұлттық табыс бөлігі.*

**ҚОРЛАНЫС=** е т. *Күйзелісу, ашу-ызаға булығысу.*

**ҚОРЛАНЫСУ** *Қорланыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЛАТ=** е т. **1.** *Басынту, кемсіту, жәбірлету.* **2.** *Ар-намысын аяққа таптату.*

**ҚОРЛАТУ** *Қорлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЛАУ** *Қорла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЛАУШЫ** з а т . *Қорлық көрсетуші, зорлық-зомбылық етуші.*

**ҚОРЛАУШЫЛЫҚ** з а т . *Ар-намысты аяққа басушылық, зәбірлеушілік, азаптаушылық.*

**ҚОРЛЫ** с ы н . **1.** *Дәулетті, бай.* **2.** *Қоры мол.*

**ҚОРЛЫҚ** з а т . **1.** *Әлсізге күштінің көрсеткен озбырлығы, үстемдігі; зәбір, жапа.* **2.** а у ы с . *Ұят, намыс, арға тиетін нәрсе.*

**Қорлығына төзбеді [шыдамады, көнбеді].** *Істеген зорлығына көнбеді.* **Қорлығын [бейнетін, азабын] тартты.** *Азаптанды, қиналды, қорлық көрді.* **Қорлығы өтті.** *Әбден намысына тиді, қорлады; ызасы өтті; тізесі батты.* **Қорлық көрді [тартты].** а) *Қорланды, біреудің ызасы өтті.* ә) *Азабын шекті, азапталды.* **Қорлықпен өлді.** *Өмірі азаппен өтті, рақат көрмеді.* **Қорлықпен өтті.** *Өмірі азаппен, таршылықпен, біреуден көрген зәбір-жапамен өтті.* **Қорлық сөз.** *Намысқа тиетін, адам арын аяққа таптайтын, ауыр сөз.* **Қорлықта жүрді.** *Азап өмір, қиыншылық көп көрді.* **Қорлықта өлді.** *Ит өліммен өлді, азап, қиыншылықпен өмірден өтті.* **Қорлықты көтерді.** *Шыдады, төзді.*

**ҚОРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚ** з а т . *Зорлық-зомбылық, адамның ар-намысын аяқасты етушілік; басынушылық, ауыр азап.*

**ҚОРМА** з а т . *Қайықты бағыттап отыратын жақ.*

**ҚОРМАЛ** з а т . **1.** *Бір нәрсені қорып жүретін адам.* **2.** ж е р г. *Жанашыр, қамқор адам.*

**ҚОРМАЛЫ** с ы н . *Мейірімді, қайырымды, жанашыр.*

**ҚОРПЫ** з а т . ж е р г. *Ұнның кебегі.*

**ҚОРПЫЛА=** е т. ж е р г. *Қайта көктеу.*

**ҚОРПЫЛАУ** *Қорпыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРПЫЛДА=** е т. *Тарп-тарп еткізіп, кең аяқкиіммен жүру, қорп-қорп ету.*

**ҚОРПЫЛДАТ=** е т. *Қорп-қорп еткізу.*

**ҚОРПЫЛДАТУ** *Қорпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРПЫЛДАУ** *Қорпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРС** е л і к. *Қанжар, пышақ, қылыш, найза сияқты үшкір нәрсені сұғып алғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қорс еткізді.** *Үшкір нәрсені сұғып алды.* **Қорс етті.** а) *Әзіл-оспақты, қалжыңды көтере алмай ашуланып, дүңк ете түсті.* ә) *Жануар қорс етті, қорсылдады.*

**ҚОРСАҢ: қорсаң етті.** *Ашу білдірді, торсаңдады.*

**ҚОРСАҢДА=** е т. *Өкпелеу, ашу білдіру, ренжу, торсаңдау.*

**ҚОРС-ҚОРС** е л і к. **1.** *Шошқаның қорсылдаған үнін бейнелейтін сөз.* **2.** а у ы с . *Жылағанда, мұрнын үздік-үздік тартқанда шығатын дыбыс, үн.*

**Қорс-қорс етті.** *Қорсылдап жылады.*

**ҚОРСЫЛ** з а т . *Шошқаның қорс-қорс еткен үні.*

**ҚОРСЫЛДА=** е т. **1.** *Шошқа, қабанның қорс-қорс етуі.* **2.** *Батпақты, лай, саздауыт жерге ағаш, таяқ, күрек т.с.с. кіргізу.* **3.** а у ы с . *Көңілі босау, мұрнын үздік-үздік тартып жылау.*

**ҚОРСЫЛДАҚ** з а т . э к с п р . *Шошқа, доңыз.*

**ҚОРСЫЛДАТ=** е т. **1.** *Қорс-қорс еткізу.* **2.** *Балшықты, лайлы жерді солқылдатып, дүрсілдетіп қазу.*

**ҚОРСЫЛДАТУ** *Қорсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРСЫЛДАУ** *Қорсылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРСЫН=** е т. **1.** *Біреуді кем тұту, кемсіту, қор санау.* **2.** *Місе тұтпау, қомсыну, олқысыну.*

**ҚОРСЫНУ** *Қорсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРСЫТ=** е т. с ө й л. ж е р г. ***Қопар.***

**ҚОРСЫТУ** *Қорсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРТАҢ: қортаң етті.** е л і к. *Өкпелеген, ренжіген кейіп көрсетті, бұртаңдады.*

**ҚОРТАҢДА=** е т. *Өкпелі болып бұртаңдау; мінез көрсету.*

**ҚОРТАҢДАТ=** е т. *Өкпелетіп бұртаң-дату.*

**ҚОРТАҢДАТУ** *Қортаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРТАҢДАУ** *Қортаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРТИ=** е т. *Бойы қысқа болу, мыртию.*

**ҚОРТИЮ** *Қорти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРТПА** з а т . з о о л . <лат. huso huso> *Бекіре тұқымдас, тікенсіз, көкшіл түсті, кәсіптік маңызы зор, бағалы, ірі балық.*

**Қортпа тор.** к ә с. б а л ы қ ш а р. *Қортпа аулайтын, көзінің кеңдігі 40 см-дей үлкен ау.*

**ҚОРТЫҚ** с ы н . *Аласа бойлы, тапалтақ, мыртық. // Тапал адам.*

**Қортық боция.** з о о л . *Тайландта кездесетін, дене тұрқы 4 см, момақан балық.* **Қортық қаракүйе.** <лат. tilletia confroversa> б о т а н. *Теңіз деңгейінен 800 – 1000 метрден биік орналасқан егіс алқаптарында көбінесе күздік бидайда кездесетін күйе саңырауқұлақ тарататын өсімдік ауруы.* **Қортық қошқар.** к ә с. *Бір ені тартылмай кетіп, қошқарлық құратын еркек қой.*

**ҚОРТЫҚТАУ** с ы н . *Аласалау, тапалдау, қысқалау.*

**ҚОРУ** *Қоры етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күзету, қарауылдау.* **2.** ф и з. *Металдың ыстық температурада еріп балқуы.*

**ҚОРУШЫ** з а т . **1.** *Белгілі бір затты, шаруашылықты, табиғатты, мүлікті сақтап, күзетуші адам.* **2.** *Біреуге пана, қорған болушы адам.*

**ҚОРУЫЛДА=** е т. *Күзету, қору.*

**ҚОРУЫЛДАУ** *Қоруылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРУЫШ** з а т . *Қамқоршы, қорғап сақтаушы.*

**ҚОРУЫШТА=** е т. *Қорғаштау, қамқор болу.*

**ҚОРУЫШТАУ** *Қоруышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРША=** е т. **1.** *Бір нәрсені айналдыра бекіту, қоршау жасау, шарбақтау.* **2.** *Айнала қоршаулап тұру.* **3.** *Қарсылас жақты, жауды қамап алу, қамауға түсіру.* **4.** *Айнала ортаға алу, қаумалау.* **5.** *Қаптау, сыртын көмкеру.* **6.** а у ы с . *Түгел қамтып тұру.* **7.** а у ы с . *Көмкеру.* **8.** а у ы с . *Меңдеу, мазалау.*

**Қоршаған орта [дүние].** г е о г р. а) *Айнала, табиғат.* ә) *Адамның тіршілік етуін, қалыптасуын, іс-әрекетін анықтайтын барлық табиғи, қоғамдық, материалдық және рухани жағдайлар.* **Қоршаған ортаға әсер.** э к о л. *Қоршаған ортада өздігінен немесе антропогендік іс-әрекеттер нәтижесінде пайда болып, қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін заттектер, энергиялар мен ақпарат ағыстарының кез келген түрі.* **Қоршаған ортаға әсер ету индексі.** х и м. *Экологиялық жүйеге бүліндіре әсер етудің сипаттамасы.* **Қоршаған ортаны қорғау.** э к о л. *Жанды табиғат (өсімдік пен жануарлар дүниесі) пен жансыз табиғатты (топырақ, су, ауа, т.б.) қорғау, ұтымды (сарықпай) пайдалану және қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешені.* **Қоршаған ортаның ластануы.** э к о л. *Адамға және табиғи экожүйеге зиянды әсер ететін физика-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі.* **Қоршаған орта сапасы.** э к о л. а) *Өмір сүру ұзақтығымен, денсаулық өлшемімен және белгіленген тұрғындар тобы үшін қалыпты аурулардың деңгейімен сипатталатын адам өмірінің қажеттілігіне сәйкес орта дәрежесі.* ә) *Ағзаның қажеттілігіне сай табиғи жағдайлар дәрежесі.*

**ҚОРШАЛ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің айналдыра бекітілуі, шарбақталу.* **2.** *Айналдырылу, сызылу.* **3.** *Айнала, жан-жақтан қаумалау.* **4.** а у ы с. *Түгел қамтылу.*

**ҚОРШАЛА=** е т. с ө й л. **1.** *Айнала қоршалап тұру.* **2.** *Ортаға алу, қаумалау.*

**ҚОРШАЛАН=** е т. **1.** *Қоршаулану.* **2.** *Ортаға алыну.*

**ҚОРШАЛАНУ** *Қоршалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАЛАС=** е т. *Қаумаласу, ортаға алысу.*

**ҚОРШАЛАСУ** *Қоршалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАЛАТ=** е т. *Жан-жақтан қоршап, ортаға алдырту.*

**ҚОРШАЛАТУ** *Қоршалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАЛАУ** *Қоршала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАЛУ** *Қоршал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАМ** з а т . и н ф. <ағыл. shell> *Жұмысты атқарушының операциялық жүйемен өзара әрекетін қамтамасыз ететін, көбінесе тәуелсіз түрде жұмыс істейтін бағдарламалық жасақтама; пайдаланушының файлдармен, каталогтармен, дискілермен жұмысын жеңілдетуге (автоматтандыруға) арналған бағдарламалар дестесі.*

**ҚОРШАМА** з а т . *Айналасы қоршалған жер, қоршау.*

**ҚОРШАМАЛА=** е т. с ө й л. *Қоршама жасау, айнала қоршау.*

**ҚОРШАМАЛАН=** е т. с ө й л. ***Қоршалу.***

**ҚОРШАМАЛАНУ** *Қоршамалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАМАЛАУ** *Қоршамала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАТ=** е т. **1.** *Айналдыра ортаға алдыру, жан-жақтан қаумалату.* **2.** *Ағаш, сым т.б. заттармен айналдыра қоршау жасату, қоралату.*

**ҚОРШАТТЫР=** е т. **1.** *Қаумалаттыру, ортаға алдырту.* **2.** *Қоршау жасаттыру, қоралаттыру.*

**ҚОРШАТТЫРУ** *Қоршаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАТУ** *Қоршат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАУ**[1] з а т . **1.** *Ағаш, кірпіш, темір, қамыс т. б. заттардан айнала қоршап жасалған бөгет, қорған.* **2.** *Түс-түстан қаумалағандық, ортаға алғандық.* **3.** а у ы с . *Төңіректі түгел басқандық, шырмағандық.* **4.** а у ы с . *Түрме, абақты.*

**Қоршау желісі.** с у ш а р. а) *Құрғату жүйесіне еріген қар, жаңбыр, қашқан қашыртқы суларын сырттан келтірмей ұстап, өзенге апару үшін салынатын мелиорациялық желі.* ә) *Жер құрғату және суландыру жүйелерінің жиынағы.* **Қоршау конструкциясы.** қ ұ р ы л. *Ғимараттардың сыртқы қабырғалары немесе оларды жеке-жеке бөлмелерге оқшаулайтын құрылыстық бөлік.* **Қоршау қалтқылары.** *Өзен-көлдерде шомылушы көпшіліктің жүзетін шектейтін жабдықтар.* **Қоршау құралымы.** қ ұ р ы л. *Ғимараттардың сыртқы қабырғалары болатын немесе оларды жеке-жеке бөлмелерге оқшаулайтын құралым элементтері.* **Қоршау торы.** с п о р т. *Балға лақтыру кезінде лақтыру алаңын қоршайтын темір тор.*

**ҚОРШАУ**[2] з а т . э т н. *Ертеде көшкенде түйе қомының үстіне қаттап бүктеліп, дөңгелене қоршалған текемет, балалы әйелдер мен жас балалар отыруға арналған орын.*

**ҚОРШАУ**[3] з а т . ә с к. *Жою немесе тұтқындау мақсатында қарсыластың белгілі бір бөлігін басқа әскерлерінен оқшаулау; жаудың екі қана-

*тын орап, белгілі бір тобын жедел шабуыл жасай отырып айналып өтіп, тылына шығу әрекеті.*

**Қоршауға алды.** ә с к. *Тактикалық ауқымда ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде кейіннен жою немесе басып алу мақсатында кейбір объектілерді оқшаулады.* **Қоршаудағы ұрыс.** ә с к. *Қарсылас әскер айналасына қоршау майданын жасаған жағдайда жүргізілетін ұрыс түрі.* **Қоршауда қалу**. ә с к. *Қарсылас әскерінің арнайы әскери тактика бойынша жасаған мақсатындағы ұрыс майданының ортасында қалу.* **Қоршаудан шығу.** ә с к. *Соғыс тәсілінің бір түрі; бөлімдердің, бөлімшелердің батыл және белсенді қимылдармен жаудың майданын бұзып өтіп, қоршаудан тыс ұрыс жүргізіп жатқан бөлімдермен қосылуы.* **Қоршау жағдайы.** ә с к. *Әдетте соғыс уақытында майдан алқабындағы стратегиялық маңызды аудандарды (қалаларды) қарсыластың жаулап алу қаупі туған кезде енгізілетін әскери жағдайдың ерекше түрі.*

**ҚОРШАУ**[3] *Қорша етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАУ: қоршау түйе**. к ә с. *Сырмінез, бақырмайтын, туламайтын, жуас, еш нәрседен үрікпейтін, тоқтасқан және барынша әдемі, келісті, әрқашан қоршауға үйренген мықң етпес түйе.*

**ҚОРШАУЛА**= е т. *Қоршау жасау, қоршау тұрғызу.*

**ҚОРШАУЛАУ** *Қоршаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРШАУЛЫ**[1] с ы н. *Қоршалған, қоршауы бар, қоршау жасалған.*

**Қоршаулы балықшаруашылығы.** к ә с. *Тауарлық сапаға дейінгі балықтарды арнаулы қоршауда қолдан өсіру формасы.*

**ҚОРШАУЛЫ**[2] с ы н. *Қоршау орнатылған, қоршау бекітілген.*

**ҚОРШАУСЫЗ** с ы н. *Қоршалмаған, қоршауы жоқ.*

**ҚОРШЫЛЫҚ** з а т. *Қорлық өмір, ауыр азап, қиыншылық, бейшаралық, сорлылық.*

**ҚОРЫ**[1]**=** е т. **1.** *Бір нәрсені қорғаштау, қарауылдау; қызғану.* **2.** *Күзету, бағу, басқадан қорғау.*

**ҚОРЫ**[2]**=** е т. *Кен рудасының ыстық температурада балқуы.*

**ҚОРЫҒЫШ** з а т. **1**. *Қорушы, күзетуші.* **2**. *Біреуден қызғанып, аяғын қия бастырмай, аңдып, бағып отырушы.*

**ҚОРЫҒЫШТА=** е т. *Қорғап жүру, күзету, қарауылдау.*

**ҚОРЫҒЫШТАУ** *Қорығышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫҚ**[1] з а т. *Малдың жайылуына уақытша тыйым салынған шалғынды шүйгін шөпті жер; шабыс.*

**ҚОРЫҚ**[2] [ир. قرق] з а т. э к о л. *Сирек кездесетін аңдар мен жануарларды, әр алуан құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін аймақ.*

**Қорық сутоғандары.** с у ш а р. *Ерекше ғылыми және мәдени құндылығы бар сутоғандар.*

**ҚОРЫҚ**[3] з а т. ж е р г. *Мақтаның не басқа егістің арықшасы, сайы.*

**ҚОРЫҚ**[4] з а т. с ө й л. ***Дуал.***

**ҚОРЫҚ**[5] з а т. с ө й л. ***Күзет.***

**ҚОРЫҚ**[6] з а т. к е н. **1.** *Қорытылған кен, металл.* **2**. *Әртүрлі металл қорытқанда шығатын қоқыс, шлак.*

**ҚОРЫҚ=** е т. **1.** *Сескену, тайсалу.* **2.** *Бір нәрседен қатты шошу, зәресі қалмау, үрейлену.* **3.** *Батылы бармау, жүрексіну.*

**ҚОРЫҚБАС** з а т. ж е р г. *Қарақұйрықтың серке текесі (былтырғы лағы).*

**ҚОРЫҚҚЫШ** с ы н. *Жоқтан өзгеден қорқа беретін, үрейленгіш (адам).*

**ҚОРЫҚПАЙ-ҮРІКПЕЙ** ү с т. *Жүрексінбей, үрейленбей, сескенбей.*

**ҚОРЫҚТА=** е т. *Белгілі бір жерді малдан қоруыштау, қорыққа айналдыру.*

**ҚОРЫҚТАУ** *Қорықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫҚ-ТЕППЕ** з а т. э т н. *Мал, жан-жануар тебіндеп жайылатын қорық.*

**ҚОРЫҚТЫҚ**[1] з а т. э т н. т а м а қ. **1.** *Отқа қыздырылған тасты сүт құйылған ыдысқа салып пісірген сүт.* **2.** *Малдың етін аузы берік ыдысқа кесектеп салып, үстіне қыздырған тас салып, аузын берік жауып пісірген тағам, ас.*

**ҚОРЫҚТЫҚ**[2]**: қорықтық күю**. э т н. *Шошынған адамның, баланың төбесіне су толтырған ыдыс қойып, соған ерітілген қорғасын, май т. б. сұйық затты шыж еткізіп күю ырымы.*

**ҚОРЫҚТЫҚ**[3] с ы н. *Қорық боларлық, қорыққа жарарлық.*

**ҚОРЫҚША** з а т. э к о л. *Жергілікті жердегі табиғат көрінісін, өсімдіктер мен жануарлар түрін, қазбалы байлықтарды және т.б. табиғи қажеттілікті қорғауға бөлінген шағын аумақ.*

**ҚОРЫҚШЫ** з а т. **1.** *Қорық қорушы.* **2.** а у ы с. *Қорғаушы, қамқоршы.*

**ҚОРЫҚШЫЛЫҚ** з а т. *Қорық қорушылық, күзетшілік, қарауылдық.*

**ҚОРЫЛ**[1] з а т. б и о л. *Ыңғайсыз жатқан немесе тыныс жүйесін май басқан адамның ұйықтаған кезде қор-қор етіп шығаратын тынысы.*

**Қорылға басты**. *Шырт ұйқыға кетті, қорылдап ұйықтады.*

**ҚОРЫЛҒАЙЫН** з а т. д і н и. п о э т. *Жұмақтағы (пейіштегі) сұлу қыз, хор қызы.*

**ҚОРЫЛДА=** е т. *Ұйықтап жатқан кезде қор-қор еткен дыбыс шығару.*

**ҚОРЫЛДАҚ** с ы н. *Үнемі қорылдап ұйықтайтын.*

**ҚОРЫЛДАС=** е т. *Жаппай қорылға басу.*

**ҚОРЫЛДАСУ** *Қорылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫЛДАТ=** е т. *Қорылдаған, қор-қор еткен дыбыс шығару, мұрынмен, ауызбен сұйық затты т.б. қор-қор еткізіп ішке қарай тарту, сору.*

**ҚОРЫЛДАТУ** *Қорылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫЛДАУ** *Қорылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫМ**[1] з а т. г е о л. **1.** *Ыстық пен суықтың, желдің әсерінен ұсақталған қиыршық малта тас, сынған жарғышақ тас үйінділері.* **2.** *Үгілу нәтижесінде пайда болған қатты жыныстардың ірі кесектерінің беткейлер етегіндегі шоғырлары.*

**ҚОРЫМ**[2] з а т. *Тас, топырақ немесе қиыршық тастан үйіліп жасалған ертедегі ғұрыптық жерлеу орны; өлгендердің сүйегі қойылған қалың бейіт.*

**ҚОРЫМАЛ** з а т. с ө й л. ***Қормал*** *(жанашыр, қамқор адам).*

**ҚОРЫМАЛДАН=** е т. ж е р г. *Жаны ашу, қамқорсыну.*

**ҚОРЫМАЛДАНУ** *Қорымалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫМДАН=** е т. г е о л. *Шөгінділердің, тұнбалардың, жәндік және өсімдік қалдықтарының шөгінді (тұнба) материалдардың келесі қабатымен жаппай көмкерілуі нәтижесінде олардың түзілім қалыптасуы ортасынан (су немесе ауа кеңістігінен) бірте-бірте шеттелуі.*

**ҚОРЫМДАНУ** *Қорымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫН=** е т. **1**. *Қорғану, басын қорғаштау.* **2.** *Бір нәрседен тайсалу, жасқану, тайсақтау.* **3.** *Жұрт көзіне түспеу, ыңғайсыздану, қысылу.*

**ҚОРЫНУ** *Қорын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫНШАҚ** с ы н. *Өжет емес, жүрексіз, қорғаншақ, именшек, жасқаншақ.*

**ҚОРЫНШАҚТА=** е т. *Жасқаншақтау, бетпемей тайсақтау, имену.*

**ҚОРЫНШАҚТАУ**[1] с ы н. *Қорғаншақтау, жасқаншақтау.*

**ҚОРЫНШАҚТАУ**[2] *Қорыншақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫС**[1] з а т. *Бірнеше жыл бойы мал, адам аяғы баспаған қалың қопалы, қамысты жер; жыныс.*

**ҚОРЫС**[2] з а т. г е о л. **1.** *Су сіңген құмдақ борпас таужыныстардың жиналмасы; үстіндегі қалың қабаттың қысымымен және өзге де күштердің әсерінен жайылып, орнынан сырғып кетуге бейім, суға қаныққан борпылдақ шөгінділер.* **2.** *Ірі өзендердің су басқан жайылмалары мен атырауларындағы қамыс құрағы, қияқ нуы өскен батпақты саға.*

**ҚОРЫС: қорыс қылды.** с ө й л. ж е р г. *Бейберекет шашты, астан-кестенін шығарды.*

**ҚОРЫС=** е т. **1.** *Күзетісу, бірге қарауылдау.* **2.** а у ы с. *Қамқор болысу, қамқорлық жасасу.*

**ҚОРЫСҚЫ** з а т. к ө н е. *Доңыз.*

**ҚОРЫСТЫҚ: қорыстық қозғалыстар.** г е о л. *Мору өнімдері сияқты қопсық (жер бетілік) таужыныстар мен шөгінділердің біршама қалың қат-қабаты массаларының қозғалысы.*

**ҚОРЫСУ** *Қорыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫТ**[1]**=** е т. к е н. **1.** *Металдарды ыстық температурада балқыту.* **2.** *Қоспасынан ажырату немесе балқыған металға әртүрлі қоспалар қосу арқылы қорытпа алу.*

**ҚОРЫТ**[2]**=** е т. **1.** *Атқарылған жұмыстардың барысын талдап, тұжырымға келу.* **2.** *Айыру, ажырату.* **3.** *Жалпы есебін шығару, санын анықтау.* **4.** п е д. *Тоқсандық бағаны шығару.*

**ҚОРЫТ**[3]**=** е т. б и о л. *Асқазандағы астың түрлі сөлдердің әсерінен еріп, бойға сіңуі.*

**ҚОРЫТҚЫШ**[1] з а т. к е н. *Металл балқытатын шойын ожау.*

**ҚОРЫТҚЫШ**[2] с ы н. г е о л. *Кен қорытатын.*

**ҚОРЫТҚЫШ**[3] с ы н. *Асты бойына сіңіргіш.*

**ҚОРЫТПА** з а т. к е н. *Екі немесе одан көп элементтерді балқыту тәсілімен қорытылып алынатын металдық қасиеттері бар материал; қорытылған металл.*

**ҚОРЫТУ**[1] *Қорыт*[1] *етістігінің қимыл атауы; металдарды балқыту*

**Қорыту пеші.** к е н. *Әртүрлі металдарды (материалдарды) балқу температурасынан жоғарырақ қыздыру арқылы балқытатын өндірістік пеш.* **Қорыту цехы**. к е н. *Металдарды ыстық температурада балқыту процесі жүретін арнаулы өндіріс орны.*

**ҚОРЫТУ**[2] *Қорыт*[2] *етістігінің қимыл атауы; қорыту; талдау, тұжырымдау.*

**ҚОРЫТЫЛ**[1]**=** е т. **1.** *Металдың балқытылуы.* **2.** *Қыздырып ерітілу, қайта өңделу.*

**ҚОРЫТЫЛ**[2]**=** е т. **1.** *Ойдың, пікірдің тұжырымдалуы.* **2.** п е д. *Тоқсандық бағаның шығарылуы.* **3.** *Жалпы есебін шығару, соңын анықтау.*

**ҚОРЫТЫЛ**[3]**=** е т. *Тамақтың денеге сіңірілуі.*

**ҚОРЫТЫЛУ**[1] *Қорытыл етістігінің қимыл атауы; металдың балқытылуы.*

**ҚОРЫТЫЛУ**[2] *Қорытыл*[2] *етістігінің қимыл атауы; ойдың тұжырымдалуы.*

**ҚОРЫТЫЛУ**[3] *Қорытыл*[3] *етістігінің қимыл атауы; тамақтың денеге сіңірілуі.*

**ҚОРЫТЫМПАЗ** с ы н. *Қорытқыш, тез қорытатын.*

**ҚОРЫТЫНДЫ**[1] з а т. **1.** *Белгілі бір іс-әрекеттен, тәжірибеден туындайтын шешім, байлам, тұжырым, тоқтам.* **2.** *Бір істен шыққан нәтиже, салдар.* **3.** л о г и к а. *Тұжырым процесінде алғышарт есебінде берілген пікірден логикалық ой тұю арқылы алынатын жаңа пікір.*

**Қорытынды акт.** с а я с и. *Халықаралық конференцияның, келіссөздердің немесе халықаралық кеңестердің қорытынды құжаты.* **Қорытынды ақпарат.** и н ф. <ағыл. summary information> *Мәліметтерді өңдеу нәтижесі ретінде қалыптасқан ақпарат.* **Қорытынды баға.** *Сандық немесе сапалық белгі түрінде берлетін ақырғы нәтиже.* **Қорытынды баланс.** қ а р ж ы. *Жылдың аяғында жасалатын активі мен пассивінің мәліметтері мейлінше дәлме-дәл болатын, мүлікті толық түгендеу (инвентаризация) негізінде жасалатын баланс.* **Қорытындыға келді**. *Тұжырым, шешім, байлам жасады.* **Қорытынды**

**жазба.** и н ф. <ағыл. total summary> *Қорытынды ақпараттан тұратын соңында немесе белгілі бір бөлігінде орналасқан жазба.* **Қорытынды жасады.** а) *Атқарылған істің нәтижесін түйіндеді.* ә) *Белгілі бір тұжы-рымға, пікірге келді, қорытты.* **Қорытынды сөз**. *Ғылыми, публицистикалық көркем сөздің соңында қорытындылай, түйіп айтатын пікір.* **Қорытынды тест.** п е д. *Оқушылардың белгілі бір пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларын анықтауға арналған тест.* **Қорытынды шешім.** з а ң. *Қылмыстық процесті жүргізуші органның іс бойынша іс жүргізудің басталуын немесе жалғастырылуын болдырмайтын, сондай-ақ, түпкілікті болмаса да, істі мәні бойынша шешетін әртүрлі шешімдері.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛА=** е т. **1.** *Нақтылы бір тоқтамға келу, нәтижесін шығару, жинақтау.* **2.** *Тұжырым жасау, түйіндеу.* **3.** *Аяқтау, өндіріске қосу.*

**Қорытындылай келе.** *Сөз соңында, сайып келгенде.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАН=** е т. **1.** *Қорытынды жасалу, қорытынды шығарылу.* **2.** *Белгілі бір іс-әрекеттен, тәжірибеден туындайтын шешімнің, байламның нақтылы бір тоқтамға келуі, нәтижесінің жинақталуы.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАНУ** *Қорытындылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАТ=** е т. **1.** *Нәтижесін шығарту, қорытынды жасату.* **2.** *Тұжырым жасату, түйіндету.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАТУ** *Қорытындылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАУ** *Қорытындыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОРЫТЫНДЫЛАУШЫ** з а т. *Қоры-тынды жасаушы, нәтижесін шығарушы.*

**Қорытындылаушы жыл**. *Белгіленген мерзімнің (бесжылдық т.б.) соңғы, ақырғы жылы.*

**ҚОРЫТЫС=** е т. *Ой-пікірді тұжырымдасу, бір тоқтамға келісу.*

**ҚОРЫТЫСУ** *Қорытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОС**[1] з а т. ж е р г. ***Соқа.***

**Қос айдады**. *Жер жыртты, егін екті.* **Қос жегу.** *Ат, өгіз сияқты күш көліктерін арбаға қосу.*

**ҚОС**[2] з а т. **1.** *Белгілі бір жұмыста істеуге, жолға, жорыққа шыққан адамдар тобы.* **2.** э т н. *Шөп шабу, егін салу, егін жинау, жылқыны қысқы отарда бағу кезінде көшіп-қонуға ыңғайлы, тігуі, жығуы оңай шағын уақытша баспана.*

**Қос бала.** э т н. *Көмекші, қосшы бала.* **Қос жиды.** *Елді, жұртты бір идеяға, бір ойға біріктірді.* **Қос тікті**. *Кішігірім үй, күрке орнатты.*

**ҚОС**[3] с ы н. **1.** *Екі, жұп, пар, егіз.* **2.** *Тең, теңдес, сәйкес.*

**Қос ақиқат.** ф и л о с. *Философиялық және теологиялық білімдерді ажыратуға қолданылатын термин.* **Қос ат.** *Ұзақ жолға шыққанда кезек-кезек міну үшін іріктеп алынған екі ат.* **Қос аяқтап.** *Екі аяғымен тұру, тебу, екі аяғын қатар алу.* **Қос балтыр.** п о э т. *Екі балтыр, аяқ.* **Қос бармақ**. *Бармағы егіз біткен, алты саусақты.* **Қос басшы**. *Бір қос елдің басшысы.* **Қос белгі кісі.** *Аты бар, заты жоқ, құр селтиіп жүрген адам туралы айтылады.* **Қос белдеулі кәріз.** с у ш а р. *Көлденеңінен орналастырылған су жүргізгіш құбырлар жүйесі.* **Қос бұрым**. э т н. *Екі тарамдалып жымырлана өрілген ұзын қолаң шаш, екі бұрым қазақ қыздарының әдемілігінің бір сипаты.* **Қос ғашық.** *Бір-біріне ынтызар екі жан.* **Қос дүркін салық салу.** э к о н. *Табыстың (капиталдың) бір көзінен салықтардың алуан түрлерін алу немесе бір мезгілде салық салудың екі ұлттық жүйесін қолдану.* **Қос жанар**. *Екі көз, екі қарашық.* **Қос жүре түзеледі.** *Уақыт өте келе реттеліп кетеді, жөнге түседі деген мағынада.* **Қос жынысты**. б и о л. *Аталық та, аналық та жынысы бар.* **Қос кемпірқосақ.** *Негізгі кемпірқосақтан басқа онымен қабаттас байқалатын екінші кемпірқосақ.* **Қос қазы.** э т н. т а м а қ. *Жылқының екі қабырғасынан жасалған үлкен бір қазы.* **Қос қайыңдай.** б е й н. *Егіз, тел өскендей.* **Қос қанат.** п о э т. а) *Құстың екі қанаты.* ә) *Екі бірдей тірегі, таянышы.* **Қос қолдап**. *Екі қолмен.* **Қос құн.** т а р. *Бұрынғы төре, бай, бектер үшін төленетін құн түрі; жай адамның екі есе құны.* **Қос қыртысты мінез.** *Ішінде бүкпесі бар, құлық-сұмдығына құрық бойламайтын адам туралы.* **Қос нүкте**. л и н г в. *Негізінен бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қойылатын тыныс белгі.* **Қос орда.** э т н. *Біріктіріп тіккен, үлкен, еңселі киіз үй.* **Қос өкпе.** *Нақ өкпе тұс.* **Қос өкімет.** т а р. *Ресейде Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін 1917 ж. март-июльде елді қатар басқарған екі өкімет: буржуазия өкіметі – Уақытша өкімет және пролетариат пен шаруалардың революция-демократия диктатурасы – жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері.* **Қос өркеш.** т ү й е ш а р. *Екі өркешінің аралығына екі адам еркін сыйып отыратындай, таза тұқымды қазақы түйелер мен қалмақ және моңғол түйелерінің өркеш атауы.* **Қос сөз**. л и н г в. *Екі сөздің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған күрделі сөз.* **Қос суперфосфат.** х и м. *Табиғи фосфаттарға фосфор қышқылын қосу арқылы алынатын фосфорлы тыңайтқыштардың байытылған түрі.* **Қос тармақты өлең.** ә д е б. *Тармақтың ең қарапайым түрі: ырғақтық құрылысы бірдей (арабтың бәйіті сияқты) немесе әркелкі (элегиялық қос жолды өлең сияқты) екі тармақты өлең.* **Қос тепең**. *Қосарлап жеккен атты тепектете айдау.* **Қос тепкіні салса да.** *Қанша зорласа да, қыстаса да, күштесе де.* **Қос уыс**. *Екі қолдың аясы толған деген мағынадағы өлшем.* **Қос шырақ.** п о э т. *Екі көздің жанары.* **Қос электрлік қабат.** ф и з. *Кеңістікте қарама-қарсы таңбалы электр зарядтарымен бөлініп тұрған екі фазааралық бөлу шекарасында түзілетін өте жұқа беттік қабат.*

**ҚОС**[4] с ы н. с ө й л. ***Қош.***

**Қос көрді**. *Дұрыс деп тапты, ұнатты.*

**ҚОС=** е т. **1.** *Бір нәрсені екінші бір нәрсемен біріктіру.* **2.** м а т е м. *Бір санға бір санды үстеу, қосындысын шығару.* **3.** с ө й л. *Электр құралдарын энергия тарататын көзге жалғау.* **4.** *Үстемелеу, заттың үстіне зат қосып толықтыру, молықтыру.* **5.** *Бір нәрсеге екінші нәрсені араластыру, үстеу.* **6**. *Бірге жіберу, ілестіріп жіберу.* **7**. *Ақшалай не малдай, мүліктей жәрдем беру.* **8.** *Мал басы азайғанда не мал ұстауға мүмкіндігі болмай қалған жағдайда малын жақынының не туысының қарамағына уақытша беру.* **9.** ж е р г. *Атты арбаға жегу.* **10.** *Енгізу, кіргізу.* **11.** *Салу, араластыру, қату; қию.* **12.** а у ы с. *Үйлендіру не күйеуге беру.* **13.** а у ы с. *Жақындастыру, көңіл жақын ету.* **14.** а у ы с. *Дем беру, демеу болу, күш-қуат беру.* **15.** а у ы с. *Екі жасты табыстыру, бастарын біріктіру.* **16.** а у ы с. *Қолдану, пайдалану, ендіру.* **17.** а у ы с. *Қатарға кіргізу, санатқа тіркеу.*

**ҚОСА** ү с т. *Қатар, бірлесе, қабаттаса, қабат, үстіне.*

**Қоса берілген артиллерия**. ә с к. *Жауынгерлік міндетті орындау кезінде оларды күшейту үшін жалпы әскери құрамалар мен бөлімдер командирлерінің қол астына уақытша келген артиллериялық бөлімшелер, бөлімдер, құрамалар.* **Қоса қабат**. *Қабаттасып, бірге.* **Қоса шөктіру.** х и м. *Негізгі құрамбөлікті тұнбаға түсіргенде қоспалардың ілесе түсуі.*

**ҚОСАҒА** з а т. э т н. *Шымылдықтың жоғары әшекейі, сәнді бөлегі.*

**ҚОСАҒАСЫ** з а т. *Қосқа басшылық етуші адам.*

**ҚОСАЗАМАТТЫҚ** з а т. з а ң. *Бір адамның екі немесе одан да көп мемлекеттің азаматтығында болуы.*

**ҚОСАЙКЕБІС** з а т. э т н. *Өкшелі мәсі, өкшесі шұқыр келген кебіс.*

**ҚОСАҚ** з а т. **1.** *Ұзын арқанмен мойындарынан тіркеп байлаған қой-ешкілер тобы.* **2.** *Бірге қатар жүрген екі нәрсе; жұп, пар.* **3.** а у ы с. *Ерлі-зайыпты кісілердің бірі, жары; жұбайы, өмірлік жолдас.*

**Қосағымен қоса ағарды.** *Жарымен бірге тату-тәтті болып, бақытты да ұзақ өмір сүрді.* **Қосағынан айырды**. *Серігінен ажыратты, жұбайынан айырды.* **Қосағынан айырылды [жырылды]**. *Серігінен ажырады, зайыбын жоғалтты, жұбайы қайтыс болды.* **Қосағын жазбады**. *Үнемі бірге болды, бірге жүрді.* **Қосағың жазылмасын.** т і л е к. *Қартайғанша жұбайыңмен тату-тәтті өмір сүр (жаңа үйленген жастарға айтылады).* **Қосағыңмен қоса ағар.** т і л е к. *Жұбайыңмен тату-тәтті өмір сүріп, бірге қартай.* **Қосақ арасында.** *Босқа, әшейін.* **Қосақ арасында [бос, босқа] кетті**. *Бекерден-бекер күйді; күнәсіз жазықты болды.* **Қосақ арқан.** э т н. *Қойды қосақтан сауғанда мойындарынан тіркеп байланатын жіп-шулардың ішіндегі ең бергі, ең ұзыны, ең жуаны.* **Қосақ қылды**. *Қосақтады, жұптады.* **Қосаққа қосылмайтын**. *Ырыққа көнбейтін, өзімшіл.* **Қосақ түртінген.** *Тіміскіленген, ашкөзденген.*

**ҚОСАҚБАСЫ** з а т. э т н. *Мал ұрлап қолға түскен ұрыға жаза ретінде қолданылатын айып.*

**ҚОСАҚИҚАТТЫЛЫҚ** з а т. ф и л о с. *Теориялық дәлелге негізделген философиялық ақиқат пен діни сенімге байланысты ақиқаттың қатынасын білдіретін ұғым.*

**ҚОСАҚСЫЗ** с ы н. *Жұбайсыз, жесір; бойдақ.*

**ҚОСАҚТА=** е т. **1.** *Қойды қосаққа байлау.* **2.** *Бір-біріне қосып байлау, матау.* **3**. *Жұптау, парлау, екі нәрсені бірге қатар жүргізу.* **4.** а у ы с. *Біреуге жұбай етіп қосу.*

**ҚОСАҚТАЛ=** е т. **1.** *Бір-біріне қосылып байлану, маталу.* **2.** *Қатар жүру, бірге болу.* **3.** *Жұпталу, бірге аталу, бір айтылу.* **4.** с п о р т. *Бір-бірін қауіпсіздендіру үшін бір арқанға байланып, белгіленген бағыт бойынша жүрген спортшылар тобы.* **5.** а у ы с. *Біреуге жұбай болу, қосылу.*

**Қосақталған мәшине.** и н ф. <ағыл. coupled computer> *Қос мәшинелі есептеу кешенінің бір компьютері.*

**ҚОСАҚТАЛУ** *Қосақтал етістігінің қимыл атауы.*

**Қосақталу заңы.** г е о л. *Қосақталған бітістегі индивидтердің қатынасын анықтаушы кристаллографиялық заңдылық.*

**ҚОСАҚТАН=** е т. *Жылу, бірігу, жұптану.*

**ҚОСАҚТАНУ** *Қосақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҚТАС=** е т. **1.** *Қойды қосаққа байласу.* **2.** *Жұптасу, бірлесу.*

**ҚОСАҚТАСТЫР=** е т. *Қатар қолдану, қатарластыру, бірге пайдалану.*

**ҚОСАҚТАСТЫРУ** *Қосақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҚТАСУ** *Қосақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҚТАСТЫРЫЛ=** е т. *Қатарластырылу, бірге қамту, қатар қолдану.*

**ҚОСАҚТАСТЫРЫЛУ** *Қосақтастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҚТАУ** *Қосақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҚТЫ** с ы н. *Қосағы бар, қосақтаулы, қосақталған.*

**ҚОСАҚТЫҚ** з а т. *Бірге, қатар жүрушілік.*

**ҚОСАЛАҚАН** з а т. м е д. *Денені екі алақанның арасына салып, жоғары-төмен, оң-сол, ілгері-кейін уқалау.*

**ҚОСАЛҚА** з а т. э т н. қ о л ө н е р. **1.** *Кейде алқа, сырға, жүзіктің көзі сияқты заттарда қосарлана келіп, жүрек бейнесіндегі алқаны бейнелейтін қазақ оюларының ішінде көп тарағандарының бірі.* **2.** з е р г. *Мойынға екі қатар тағылатын алқаның түрі.*

**ҚОСАЛҚЫ**[1] з а т. к ә с. *Қыста сүзектің жеңіл болуы үшін оның жоғарғы жиек арқанына екі-екіден байланған қалтқы.*

**ҚОСАЛҚЫ**[2] сын. **1**. *Қосымша, жанама.* **2**. спорт. *Қажет кезінде негізгі ойыншыларды ауыстыратын.*

**Қосалқы айқындауыш.** лингв. *Зат есімді анықтайтын және өзі де зат есімнен кейін тұрып, бір септікте болатын сөйлем мүшесі.* **Қосалқы айнымалы.** инф. <ағыл. target variable> *Аралық мәліметтерді сақтау үшін бағдарлама пайдаланылатын айнымалы; кірістік немесе шығыстық мәліметтерге жатпайтын айнымалы.* **Қосалқы ақпарат.** инф. <ағыл. house keeping information> *Жүйеде сақталатын, міндетті емес мәліметтер.* **Қосалқы аудан.** әск. *Орналасу орнын өзгерту қажеттілігі туған жағдайда әскери объектілер мен бөлімшелердің (бөлім, құрамалардың) сабақ жүргізуіне арналған немесе дайындалған жергілікті жер аумағы.* **Қосалқы аэродром.** әск. *Негізгі аэродромды пайдалануға мүмкіндік жоқ кезінде авиациялық бөлімдердің (бөлімшелердің) қажетін өтейтін аэродром.* **Қосалқы әскерлер.** әск. *Майдандағы армия мен флотты толықтыру үшін соғыстың алдында және оның барысында қалыптастырылатын бөлімдер және құрамалар.* **Қосалқы бөлшек.** тех. *Қажет болған кезде қолданылатын деталь.* **Қосалқыға әйел алды.** сөйл. *Бір әйелдің үстінен тағы біреуімен некелесті, тоқал алды.* **Қосалқы жад.** инф. <ағыл. auxiliary storage> *Сыртқы және қосалқы жедел жадты қамтитын компьютер жадының бөлігі.* **Қосалқы жалгерлік.** экон. *Жалға алынған мүліктің бір бөлігін үшінші бір адамға немесе адамдар тобына жалға беру.* **Қосалқы жедел жад.** инф. *Белгілі бір уақытқа мәшинелік командалармен мәліметтерді тікелей өңдеуге жедел түрде қолайлы болатын шапшаң әрекетті сақтауыш құрылғы.* **Қосалқы жол.** спорт. *Трек жолындағы бақылау-өлшеу сызығының сол қапталындағы ашық алаң.* **Қосалқы жұмыстар.** *Кен орындарды ашық қазу әдісінде – пайдалы қазылым мен қазып алу, тасуға тікелей байланыссыз, бірақ карьерде орындалатын негізгі жұмыс процестерінің қалыпты өтуін қамтамасыз етуге ықпал ететін жұмыстар.* **Қосалқы кемелер.** әск. *Әскери-теңіз флотының тұтастай алғанда күнделікті және жауынгерлік іс-әрекеттерін материалдық, техникалық қамтамасыз етуге арналған кемелер.* **Қосалқы командалық пункт.** әск. *Командалық пункт істен шыққанда немесе ол арқылы әскерді басқару мүмкін болмаған жағдайға дайындалған басқару пункті.* **Қосалқы комитент.** экон. *Банк комитенттің комиссионерге тауар алу немесе комитенттің кімнің тауарын сатытынын анықтау жөніндегі тапсырмасы, өздеріне арналған кәсіпорын немесе тұлға.* **Қосалқы құрал-жабдық.** тех. а) *Негізгі емес, қосалқы қызметті орындайтын құрал-жабдық.* ә) инф. <ағыл. ancillary (support) equipment> *Орталық процессордың тікелей басқаруында болмайтын құрал-жабдық.* **Қосалқы құрам.** *Негізгі құрамнан басқа қосымша топтар мен командалар.* **Қосалқы құрылғы.** инф. <ағыл. auxiliary device> *Dos жүйесіндегі резервтегі енгізу-шығару құрылғысы.* **Қосалқы лицензия.** экон. *Банк лицензиатқа лицензияны үшінші біреулерге сату құқығының берілуі.* **Қосалқы материалдар.** кәс. *Кен қазу кәсіпорындары тұтынатын, бірақ өндіретін өнімді құрамайтын қажетті еңбек заттары.* **Қосалқы мердігер.** экон. *Бас мердігер нысанының құрылысын салуға тартқан фирма, ұйым.* **Қосалқы мүшелер.** биол. *Негізгі мүшелерге көмекші қызмет атқаратын мүшелер.* **Қосалқы өнім.** экон. *Мақсатты өнімді алудағы нақтылы технологиялық үдерістің салдарынан шығатын өнім.* **Қосалқы процессор.** инф. *Негізгі процессордың қызмет мүмкіндігін толықтыратын мамандаған процессор.* **Қосалқы регистр.** инф. <ағыл. standby register> *Есептеулер барысының қарапайымдылығы бұзылған жағдайда операцияларды қайталау үшін пайдаланылатын мәліметтерді сақтауға арналған регистр.* **Қосалқы ресурстар.** инф. <ағыл. secondary resources> *Тапсырманы орындауға міндетті емес, бірақ есептеу процесінің тиімділігін арттыру мақсатымен оған бөлінетін ресурстар.* **Қосалқы символ.** инф. <ағыл. auxiliary symbol> а) *Рекурсивті саналатын жиынды беру кезіндегі негізгі алфавитке жалғастырылған символ.* ә) *Туындаушы грамматиканы анықтау кезіндегі қосалқы алфавиттің элементі.* **Қосалқы сорғы агрегаттары.** сушар. *Құрылыс нормалары мен қағидаларының шарттарына сәйкес, қажетті жағдайда негізгі сорғы агрегаттарын алмастыруды және қосымша су беруді қамтамасыз ететін қондырғылар.* **Қосалқы сөз.** лингв. *Негізгі сөзге жалғанып, түрлі грамматикалық мағына үстейтін, жеке қолданылмайтын сөздер.* **Қосалқы сүзекі.** кәс. *Екі жақ қанатын екі кемеден тартатын, теңізде балық аулауға арналған құрал.* **Қосалқы тамыр.** бот. *Өркеннің, сабақтың ылғал топыраққа жанасатын жерінде пайда болатын тамырлар.* **Қосалқы шаруашылық.** *Мекеме не жеке меншіктің қарауындағы шаруашылық.* **Қосалқы шоттар.** экон. *Бухгалтерлік есептің негұрлым ірі және ортақ талдамалы шоттары.* **Қосалқы элементтер.** геол. *Кен құрамында өте аз мөлшерде болғанмен, сол кеннің өндірістік құндылығын анықтауда үлкен рөл атқаратын элементтер.*

**ҚОСАЛҚЫЛАН=** ет. *Қабаттасу, қосылу.*

**ҚОСАЛҚЫЛАНУ** *Қосалқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАЛЫҚТА=** ет. *Киіз үйді қос-қостап, қосарлап тігу.*

**ҚОСАЛЫҚТАУ** *Қосалықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАМЖАРЛА=** ет. сөйл. *Қабаттасу, қатарласу, қасынан қалмау.*

**ҚОСАМЖАРЛАН=** ет. *Қабаттасу, қосарлану.*

**ҚОСАМЖАРЛАНУ** *Қосамжарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАМЖАРЛАС=** ет. *Қабаттасу, қалыспау.*

**ҚОСАМЖАРЛАСТЫР=** ет. *Қабаттастыру, қосарлату.*

**ҚОСАМЖАРЛАСТЫРУ** *Қосамжарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАМЖАРЛАСУ** *Қосамжарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАҢ: қосаң ерінкер**. зоол. *Тайландтағы ағын суларда тіршілік ететін балық.*

**ҚОСАПОЛИКОНДЕНСАЦИЯЛАНУ** зат. хим. *Реакцияға қажетті мономерлерден басқа кем дегенде тағы да бір мономер қатысатын поликонденсация.*

**ҚОСАР** зат. **1.** *Атты адамның жаны, қатары.* **2.** *Атты адамның жетекке алған аты.*

**Қосарға алды.** *Атты жетекке алды, қосарлап үстады.* **Қосар төраға.** қоғ.-саяси. *Ұйымның сайланбалы, тең құқыққа ие жетекшісінің бірі.*

**ҚОСАР** сын. *Қос, жұп.*

**ҚОСАРЛА=** ет. **1.** *Қосақтау, жұптау; қосағына алу.*

**ҚОСАРЛАН=** ет. **1.** *Қабаттасу, жағаласу.* **2.** лингв. *Қосақталу, қос сөз құрау.* **3.** инф. *Әртүрлі құрылғылар мен процессорларда әртүрлі үдерістердің бір уақытта орындалуы.*

**Қосарланған валюта рыногы.** қаржы. *Валюта рыногын ұйымдастыру формасы.* **Қосарланған жанартау.** геол. *Ірілеу көне жанартаудың қираған түрқына жалғасқан жас жанартау конусынан тұратын күрделі жанартау құрылысы.*

**ҚОСАРЛАНДЫР=** ет. *Қоса қабаттастыру, қосамжарластыру.*

**ҚОСАРЛАНДЫРУ** *Қосарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАРЛАНУ** *Қосарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАРЛАНУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бірдей нәрселерді, ұқсас заттарды жарыса жасау, бірін-бірі қайталау.* **2.** әск. *Бір мақсатқа жетуге бағытталған біркелкі қимылдарды екі немесе одан да көп мәрте орындау; екі данада орындау, қайталау, екі еселеу.*

**ҚОСАРЛАП** үст. *Қатарынан, қосамжарластыра.*

**Қосарлап стимулдау әдістемесі.** психол. *Орыс психологі Л.С.Выготскийдің (1896–1934) жоғары психикалық функциялардың жанама сипаты туралы тұжырымдамасы негізінде жасалған психологиялық әдістеме.*

**ҚОСАРЛАС=** ет. *Қабаттасу, жарысу, қатарласу.*

**Қосарласа аударма.** *Бір тілден екінші тілге қолма-қол тәржімалау.*

**ҚОСАРЛАСТЫР=** ет. *Қатарластыру, қабаттастыру.*

**ҚОСАРЛАСТЫРУ** *Қосарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАРЛАСУ** *Қосарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАРЛАТ=** ет. *Қосақтату, жұптау.*

**ҚОСАРЛАТУ** *Қосарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСАРЛАУ** *Қосарла етістігінің қимыл атауы; қосақтау, жұптау.*

**ҚОСАРЛЫ** сын. *Жарыспалы, қосақтаулы.*

**Қосарлы баға.** экон. *Ұқсас тауарды түрлі рыноктарда түрлі бағамен сату.* **Қосарлы бағам.** қаржы. *Мемлекеттің валютаны реттеу әдісі.* **Қосарлы валюта нарқы [рыногы].** қаржы. *Валюта нарығын ұйымдастырудың коммерциялық (саудалық) және қаржылық операциялар бойынша валютаның қос нарқын белгілеуді көздейтін түрі.* **Қосарлы жазба.** қаржы. *Бухгалтерлік есеп әдісі.* **Қосарлы кеден тарифі.** экон. *Кеден бажы мөлшерлемелерінің (көп мөлшерлемесі мен аз мөлшерлемесінің) екі қатарынан тұратын тарифі.* **Қосарлы қарыз.** қаржы. *Екі валюталы несие.* **Қосарлы меншік.** экон. *Меншіктің түрлі нысандарын (мыс., мемлекеттік меншікті, кооперативтік меншікті т.б.) үштастыру негізінде құрылған меншік.* **Қосарлы сақтандыру.** экон. *Белгілі бір нысанның қандай да бір қатерден бірнеше сақтандырушыда сақтандырылуы.* **Қосарлы салық салу.** экон. *Бірлескен кәсіпорынға шетелдік қатысушының пайдасына оны шетелге аудару кезінде салық салу және осы пайдаға шетелдік қатысушының елінде салық салу.* **Қосарлы тыныс алу.** биол. *Құстардың ұшу кезінде ауа қапшықтарында жиналған ауамен өкпеде қанның екі қайтара оттегімен тотығу процесі.*

**ҚОСАУЫЗ** зат. *Екі ұңғылы мылтық.*

**Қосауыз мылтық.** *Сүмбесінде қос ұңғысы бар мылтық.* **Қосауыз сорғы.** сушар. *Жұмыс атқару принципіне және жұмыс органдарының құрылымына қарай – динамикалық, бөлмешіктегі процесіне байланысты – қалақшалы, жұмыс доңғалағы қалақшаларының ағынды сұйықтыққа тигізер әсеріне байланысты – ортатепкіш түріне жататын сорғы түрі.*

**ҚОСАШӨКТРУ** зат. хим. *Негізгі құрауышты тұнбаға түсіргенде қоспалардың ілесе түсу үдерісі.*

**ҚОСАЯҚ** зат. зоол. <лат. dipodidae> *Алдыңғы аяғы өте қысқа, артқы аяғы мен құйрығы ұзын, секіріп жүруге бейімделген, майда не орташа денелі, дала тышқаны.*

**ҚОСАЯҚТАЙ** сын. *Қосаяқ сияқты, қосаяқ тәрізді.*

**ҚОСАЯҚША** үст. *Қосаяқ тәрізді, қосаяққа ұқсап.*

**ҚОСБАҒЫТТЫ** сын. *Екі бағытты, екі жаққа бағытталған.*

**Қосбағытты реакция**. хим. *Бір мезгілде қарама-қарсы бағытта жүре беретін химиялық реакция.*

**ҚОСБАҒЫТТЫҚ: қосбағыттық ағын.** инф. *Бірғана жалғастырушы желі бойынша екі бағытта жөнелтілетін хабар ағыны.*

**ҚОСБАЛДАҚ: қосбалдақ жүзік.** қолөнер. зерг. *Екі саусаққа салатын екі балдағы (сақинасы) бар, үсті тұтас жүзік.*

**ҚОСБАС** з а т. ө с. <лат. digraphis> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ҚОСБАСҚАН** з а т. ж е р г. *Түсі қара, қылшықты, бақайы қызыл, аяғы қысқа, жіңішке құйрық, қасқа маңдай тышқан.*

**ҚОСБАСЫМДЫЛЫҚ** з а т. б о т. <лат. con – бірге, dominantis – басым, үстем болу> *Биоценозда өте басым болатын өсімдік түрлері.*

**ҚОСБАУЫР** з а т. к ө н е. ж е р г. *Жүзі өткір, пышақ тәрізді имек темірдің екі ұшын екі ағаш сапқа орнатқан аспап.*

**ҚОСБАУЫРДАҚ** з а т. қ о л ө н е р. з е р г. *Екі сақиналы, үсті тұтас жүзік; қосбалдақ жүзік.*

**ҚОСБУДАН** з а т. б и о л. *Бір-бірінен бір емес, қос (екі) белгісі бойынша айырмашылығы бар даралықтарды жұптастыру нәтижесінде алынған будан.*

**ҚОСБУЫНДЫ** с ы н. **1.** *Екі буыннан құралған, екі буыннан тұратын.* **2.** *Екі бөлікті, екі бөліктен құралған.*

**ҚОСБҰРЫМ** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Зергерлік бұйымдарға салынатын өрнек.*

**ҚОСБІЛЕЗІК** з а т. э т н. з е р г. *Әшекей, бұйым, жалпақ бауырлы тұтас келген, үстіңгі бетіне екі қатар етіп, жіңішке жұмырылған күміс жүргізілген білезік түрі.*

**ҚОСДӨҢГЕЛЕК** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Төрт түлік малдың ендері мен таңбаларынан шыққан, қазақ аулында осы соңғы уақытқа дейін кездесетін өрнек.*

**ҚОСЕТЕК** з а т. э т н. *Етек-жеңіне бүрме, желбір жүргізген, сәнді көйлек.*

**Қосетегі кең.** *Кеңпейіл, жан-жақты, аққөңіл, жомарт.*

**ҚОСЖАҚТАУЛЫЛАР** з а т. з о о л. <лат.bivalvia> *Бақалшағы екі жақтаудан құралатын омыртқасыздар, былқылдақ денелілер класының өкілдері.*

**Қосжақтаулы моллюскілер.** з о о л. ***Қосжақтаулылар.***

**ҚОСЖАПЫРАҚТЫ: қосжапырақты жұпаршөп.** ө с. < лат. platanthera bifolia> *Сүйсіндер тұқымдасына жататын, биіктігі 25–60 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОСЖАРНАҚТЫ: қосжарнақты өсімдік.** б о т. <лат. magnoliopsida> *Ұрықта екі тұқым жарнағы болатын жабық тұқымды гүлді өсімдіктердің екі класының бірі.*

**ҚОСЖАУЫРЫН** з а т. э т н. к ө н е. *Шеңбері екі бунақ иілген садақ.*

**ҚОСЖЕЛБЕЗЕКТІЛЕР** з а т. б и о л. *Басаяқты ұлулар (моллюскілер) класының тармағы.*

**ҚОСЖОЛАҚ: қосжолақ лирақұйрық.** з о о л. *Батыс Африкадағы суқоймаларда, әсіресе Камерун, Нигерияда мекендейтін, дене тұрқы 6 см балық.*

**ҚОСЖҰЛДЫЗ** з а т. а с т р о н. *Кеңістікте бір-біріне жақын орналасқан және құраушылары өзара тартылыс күштерімен байланысқан физикалық жүйе құрайтын екі жұлдыз.*

**ҚОСЖҰПАЯҚТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. diplopoda> *Дене тұрқы цилиндр пішінді, дөңес-шығыңқы немесе шар тәрізді қалың хитинді кутикуламен қапталған, аяғы 12 жұптан (шыбыққұйрықтыларда) 375 жұпқа дейін (тропиктік кивсяктарда) жететін көпаяқтылар класының тармағы.*

**ҚОСЖҮЗІК** з а т. э т н. қ о л ө н е р. з е р г. *Екі саусақты қатар сұғатын екі сақиналы, бірақ үсті тұтас жүзік түрі.*

**ҚОС-КҮРКЕ** з а т. *Қос, лашық, күрке сияқты баспаналар.*

**ҚОСКІНДІК** з а т. в е т. *Жас төлдің кіндігіне микроб түсуінен пайда болатын ауру; кіндік, зәр түтігінің бітеліп қалуы.*

**ҚОСҚАБАТ** с ы н. *Екі қабатты, екі қабаттан тұратын, қосарланған.*

**Қосқабат гүлсерік.** б о т а н. *Гүлде тостағанша және күлте екеуінің болуы.* **Қосқабат суперфосфот.** х и м. *Құрамындағы өсімдік қабылдайтын затты ($P_2O_5$) мөлшері 45–48% шамасына баратын тыңайтқыш.* **Қосқабат ұрықтану.** б о т. *Өсімдік аналығына енетін екі шәуеттің біреуінің жұмыртқа жасушамен, екіншісінің ұрық қабының орталық жасушасымен қосылуы.*

**ҚОСҚАБАТТЫ** с ы н. *Екі қабаттан тұратын, екі қабатты.*

**ҚОСҚАЛҚАН** з а т. к ә с. б а л ы қ ш а р. *Екі жақ бүйіріне тақтай қағып биіктетілген шағын кеме.*

**ҚОСҚАНАТТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. diptera> *Жәндіктер класының үлкен бір отряды.*

**ҚОС-ҚОЛАҢ** з а т. *Көші-қоң кезінде көлікке тиеп, адамдардың артынып-тартынып, көтеріп алған жүгі, дүние-мүлкі.*

**ҚОС-ҚОС** с ы н. *Екеу-екеу, жұп-жұп, екі-екіден.*

**ҚОС-ҚОСТАП** ү с т. *Қосарлап, жұптап, қатарынан.*

**ҚОСҚҰЙРЫҚТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. diplura> *Жәндіктер класының алғашқы қанатсыз класс тармағының бір отряды.*

**ҚОСҚҰЛАҚ** з а т. э т н. о й ы н. *Ел жайлауға шыққанда қой күзетінде, жаздың айлы түнінде ашық далада жігіттер мен қыздар немесе балалар ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.*

**ҚОСҚҰЛАҚ** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Ою-өрнек түрі.*

**ҚОСҚЫЗ=** е т. *Бір нәрсені екінші бір нәрселермен біріктіргізу, қостыру.*

**ҚОСҚЫЗУ** *Қосқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСҚЫРТЫС: қосқыртыс қоспақ.** к ә с. т ү й е ш а р. *Таза айыр інгенге қоспақ нар бура шөгеру жолымен алынған будан түйе ұрпағы.* **Қосқыртыс өркеш.** т ү й е ш а р. *Будан түйелер өркешінің үстіне екінші қабат өркеш түскендей болып көрінетін қомақты да ірі өркеш.*

**ҚОСҚЫШ** з а т. **1.** т е х. *Екі нәрсені бір-бірімен жалғастырып, қосып тұратын нәрсе.* **2.** и н ф. <ағыл. jumper> *Компьютердің аппараттық құралдарының пішім үйлестіруіне арналған айырып-қосқыш немесе алмалы-салмалы құрылғы.*

**Қосқыш тетік.** т е х. *Агрегаттарды, механизмдерді, жабдықтарды іске қосатын арнаулы тетік.*

**ҚОСМӘНДІЛІК: қосмәнділік принципі.** ф и л о с. *Ақиқаттылық тек екі ғана мәнде болады («ақиқат» немесе «жалған») деген ережеге сүйенетін логикалық жүйелердің негізгі қағидасы.*

**ҚОСМӘШИНЕЛІ** с ы н. т е х. *Екі мәшинеден құралған, екі мәшинеден тұратын.*

**ҚОСМЕКЕНДІ** з а т. з о о л. <лат. amphibia> *Құрғақта да, суда да өмір сүре беретін жан-жануарлар.*

**Қосмекенді сарыбас.** ө с. <лат. rorippa amphibia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі немесе көпжылдық жиі кездесетін шөптесін өсімдік.*

**ҚОСМҰРТ: қосмұрт бәсір.** з о о л. *Индонезия мен Тайланд суларында мекендейтін, дене тұрқы 10 см, жайынтұлғалылар отряд-тармағына жататын балықтың бір өкілі.*

**ҚОСМҮЙІЗ** з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Қошқар, арқардың мүйізіне ұқсатып салынатын ою, өрнек.*

**ҚОСНҰСҚАЛЫҚ** с ы н. *Екі нұсқасы бар, екі нұсқадан тұратын.*

**ҚОСӨКПЕЛІЛЕР** з а т. з о о л. <лат. dipneumones> *Қостынысты балықтар класы, қосөкпелілер отрядына жататын сүйекті балықтар тобы.*

**ҚОСӨРКЕШТІ** с ы н. *Екі өркеші бар (түйе).*

**Қос өркешті қызыл нар.** ф о л ь к. *Ауыз әдебиетінде кездесетін әсірелеу тәсілімен жасалған нар түйенің ең тәуірінің бірі.* **Қосөркешті түйе.** з о о л. *Арқасында екі үлкен шошайған өскіні болатын, күйіс қайтаратын жұптұяқты ірі мал түрі.*

**ҚОСӨРІС** з а т. ф и з. *Бір-бірінен біршама алшақ тұрған, абсолюттік мөлшері тең әр аттас екі нүктелі зарядтың жиынтығы.*

**ҚОСӨРІСТІ** с ы н. ф и з. *Екі өрістен құралған, екі өрістен тұратын.*

**Қосөрісті жасушалар.** б и о л. *Жасушаларының қарама-қарсы екі өрісінен екі өсінді шығатын торшалар.* **Қосөрісті сигнал.** т е х. <ағыл. bipolar signal> *Элементтері оң және теріс кернеу болатын сигнал.*

**ҚОСПА**[1] з а т. **1.** *Қасиеттері әртүрлі бір не бірнеше заттың қосындысы.* **2.** *Бір нәрсенің құрамына қосылған зат.* **3.** г е о л. *Монокристалдағы кристалдық құрылым бағытының белгілі заңдылықпен өзгеруінен пайда болатын түзілім.* **4.** а у ы с. *Өтірік, жалған.*

**Қоспа минералдар.** г е о л. *Таужыныс құрамында қосалқы қызмет атқаратын минералдар.* **Қоспа салмақ.** *Белгілі кезеңде малдың тірілей ауырлығына қосылған салмақ.* **Қоспа элементтер.** г е о л. *Басқа элементтер минералдарында изоморфтық қоспалар түрінде не жұқа металл кірмелер түрінде болатын химиялық элементтер.*

**ҚОСПА**[2] з а т. *Екі заттың, бөлшектің қосылысқан, түйіскен жері.*

**ҚОСПА**[3] з а т. э т н. т а м а қ. *Үгілген ірімшік не жармаға бал, тары, май мен қант қосып жасаған ұлттық тағам; жент.*

**ҚОСПА**[4] з а т. ж е р г. ***Топса.***

**ҚОСПА**[5] з а т. э т н. *Қазақ салтында байдың қора-қора қойына өзінің азын-аулақ қойын бағуға мүмкіншілігі жоқ етжақын ағайындары қосып жіберетін мал.*

**ҚОСПАЖЕМ** з а т. а у ы л ш а р. *Ғылыми негізделген рецепт бойынша құрамында пайдалы заттары, дәрумендері бар жемнің бірнеше түрі араластырылып жасалған, малға берілетін азық.*

**ҚОСПАҚ**[1] з а т. т ү й е ш а р. *Түйе тұқымын асылдандырудың қазақы тәсілімен шығарылған, біртуманың нар маясы мен таза тұқымды бураны шағылыстыру жолымен алынған буданның екінші ұрпағы.*

**Қоспақ бота.** к ә с. т ү й е ш а р. *Нар мая мен таза нәсілді бураның шағылысуынан туған бота.* **Қоспақ тайлақ.** к ә с. т ү й е ш а р. *Қоспақ болып туған будан тайлақтың жалпы атауы.* **Қоспақ шөгеру.** ж е р г. *Ерегіске бел байлау.* **Қоспақ іңген.** т ү й е ш а р. *Біртума нар мая мен асыл тұқымды бурадан туған қоспақтың және қоспақтардың, яғни бесінші-алтыншы ұрпағы, ұрғашыларының ортақ атауы.*

**ҚОСПАҚ**[2] з а т. *Екі нәрсенің қосылған, түйіскен жері, қоспа.*

**ҚОСПАҚ**[3] с ы н. *Қосарланған, қатар тұрған.*

**ҚОСПАҚТА=** е т. *Қосақтау, қосарлау.*

**ҚОСПАҚТАЛ=** е т. *Қосақталу, қатар тұру.*

**ҚОСПАҚТАЛУ** *Қоспақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСПАҚТАН=** е т. *Қатпарлану, қосақталу.*

**ҚОСПАҚТАНУ** *Қоспақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСПАҚҮЙРЕК** з а т. з о о л. <лат. anas acuta> *Үйрек туысының бір түрі.*

**ҚОСПАЛАҒЫШ** з а т. с у ш а р. *Өңделмеген су массасын реагентпен тез әрі толық араластыратын құрылғы.*

**ҚОСПАЛАТАЛЫ** с ы н. қ о ғ.-с а я с и. *Екі (жоғары және төменгі) палатадан тұратын.*

**Қоспалаталы парламент.** қ о ғ. *Екі палатадан тұратын жоғарғы мемлекеттік заң орны.*

**ҚОСПАЛАТАЛЫЛЫҚ** з а т. *Екі палатадан құралғандық.*

**ҚОСПАЛЫ** с ы н. *Қоспасы бар, қоспа қосылған.*

**ҚОСПАРТИЯЛЫҚ** з а т. қ о ғ.-с а я с и. *Екі партиядан тұратын саяси жүйе.*

**ҚОСПАСЫЗ** с ы н. **1.** *Еш нәрсе қосылмаған, қоспасы жоқ.* **2.** а у ы с. *Өтіріксіз, жалғансыз.*

**ҚОСРЕЙ** с ы н. ж е р г. *Есалаң, жынды (адам).*

**ҚОССАЗ** з а т. э т н. м у з. *Шертер мен домбыраны біріктіріп жасаған бес ішекті шертпелі аспап.*

**ҚОССАЙЫС** з а т. с п о р т. *Шаңғымен жарысып әрі нысана атуды бірге жүргізетін сайыс түрі.*

**ҚОССАЙЫСШЫ** з а т. с п о р т. *Қоссайыспен айналысатын спортшы.*

**ҚОССЫРНАЙ** зат. этн. муз. *Даусын күшейту үшін екі (ауызды) кернейлі етіп жезден жасалған, мойны ұзынша келген үрмелі музыкалы аспап.*

**ҚОССЫРЫҚ** зат. спорт. *Асылып тұрып, тіреліп ұстап ерлер және әйелдер гимнастикасында жаттығулар жасауға арналған негізгі жабдық.*

**ҚОСТА[1]=** ет. *Біреудің істеген ісіне қолдау жасау, растау, дұрыс деп табу, мақұлдау.*

**ҚОСТА[2]=** ет. *Әрбір қосқа лайықтап жылқы бөлу, жылқыны қос-қос етіп топтау.*

**ҚОСТАБАН** зат. вет. *Екі тұяқтың арасы іріңге толып кететін қой ауруы.*

**ҚОСТАЙ** сын. *Қос сияқты, қос тәрізді.*

**ҚОСТАҚТА: қостақта алқа.** этн. қолөнер. *Екі күміс пластинадан (алақан) құрастырылып, шынжырмен үзбелестіріп әртүрлі салпыншақтар қадаған өңіржиек.*

**ҚОСТАЛ=** ет. *Қос-қос етіп, қосқа лайықтап, топталу.*

**ҚОСТАЛУ** *Қостал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСТАН[1]=** ет. этн. *Қос тігу.*

**ҚОСТАН[2]=** ет. *Қару-жарағын, азық-түлігін, тігер қосын сайлап, артынып-тартынып, сайланып, алыс жорыққа аттану.*

**ҚОСТАС[1]** зат. этн. көне. муз. *Табиғаттағы сыңғырлап шығатын асыл тастардан өңделіп, үні ән-күйді сүйемелдеуге пайдаланылған көне музыкалық аспап.*

**ҚОСТАС[2]** сын. *Қосы бірге, бір қостағы (адам). // Бір қостағы адам.*

**ҚОСТАТ=** ет. *Мақұлдату, растату, құптату.*

**ҚОСТАТУ** *Қостат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСТАУ** *Қоста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСТАУШЫ** зат. *Қолдаушы, мақұлдаушы.*

**ҚОСТОТЫҚ** зат. хим. *Екі тотықтың қосындысы.*

**ҚОСТҰЗДАР** зат. хим. *Кешенді иондар құрамында кешен түзуші металл атомдары мен тек қышқыл аниондары ғана болатын қосылыс.*

**ҚОСТҰМАРША** зат. этн. қолөнер. *Түйістірілген екі тұмарша тәрізді геометриялық үшбұрыштар бейнесіндегі өрнек.*

**ҚОСТЫНЫСТЫ** сын. зоол. *Екі мүшесімен тыныс алатын.*

**Қостынысты балықтар.** зоол. <лат. dipneustomorpha> *Торсылдағы орнына өңешпен жалғасқан өкпесі болатын, өкпесімен де, желбезегімен де тыныс ала алатын балықтар.*

**ҚОСТЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсеге екінші нәрсені араластыру.* **2.** *Бір нәрсені екінші бір нәрсемен біріктіру.*

**ҚОСТЫРТ=** ет. *Көбейту, үстемелету.*

**ҚОСТЫРТУ** *Қостырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСТЫРУ** *Қостыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСТІЛДІЛІК** зат. лингв. <лат. bilinguis> *Белгілі бір мемлекет, республика көлемінде екі тілдің тең дәрежеде болуы; индивидтің не қоғамның екі тілді қатар қолдануы.*

**ҚОСУ[1]** зат. матем. <ағыл. addition> *Сандарды бір-біріне қосатын арифметикалық амал.*

**ҚОСУ[2]** *Қос етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСУШЫ: іске қосушы**. *Жүзеге асырушы, бір істің орындалуына мұрындық болушы.*

**ҚОСУЫТ** сын. жерг. *Қоспасы бар, таза емес, аралас.*

**ҚОСҮЗБЕЛІ: қосүзбелі шолпы.** этн. зерг. *Күміс теңгелерден қос қатарлап, күміс сымдармен үзбелестіріп жасаған бұрым әшекейі.*

**ҚОСҮЙЕК** зат. физ. *Бір-бірінен белгілі қашықтықта орналасқан шамалары бірдей, таңбалары қарама-қарсы екі нүктелік электр зарядтарының жиынтығы.*

**ҚОСҮЙЕКТІ: қосүйекті сәт.** физ. а) *Қосүйектік қасиетті сипаттайтын физикалық шама.* ә) *Молекуланың электрлік қасиетін зарядталған бөлшек жүйелері ретінде сипаттайтын векторлық шама.*

**ҚОСҮЙЛІ** сын. бот. *Аналық және аталық гүлі жеке орналасқан (өсімдік).*

**Қосүйлі қалақай.** өс. <лат. urtica dioica> *Биіктігі бір метрге жететін, көпжылдық, шөптектес сабағы төрт қырлы, түзу, жоғары жағында бұтақтары көп өсімдік.* **Қосүйлі мысықтабан.** өс. <лат. antennaria dioica> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 5–30 см, мамыр-шілде айлары арасында гүлдеп, жемісі шілде-тамызда пісетін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Қосүйлі өсімдіктер.** өс. <лат. dioica> *Аналық және аталық гүлі жеке орналасқан өсімдіктер.*

**ҚОСҮЙТАС** зат. көне. *Сыртқы түрі киіз үйге ұқсаған VI-VIII ғасырларда тастан салынған құрылыстың бір түрі.*

**ҚОСШАҒЫЛУ** зат. геол. *Таужынысты, яки минералды ажыратқыш микроскоп арқылы зерттеуде ескерілетін шамалардың бірі.*

**ҚОСШАҚПАҚ** зат. жерг. *Шөп таситын арбаның қанаты.*

**ҚОСШОЛПЫ** зат. этн. зерг. *Үлкен қос үзбелі шолпы.*

**ҚОСШЫ** зат. **1.** тар. *Ертеректегі қазақ қоғамында ауқатты, дәулетті тап өкілдеріне жалданып, жеке күтушісі болып жұмыс істеген әлеуметтік топ өкілі, қызметші.* **2.** *Батырдың қасына ерген сенімді сарбазы, көмекшісі.* **3.** тар. *Әскербасы.* **4.** ауыс. *Сенімді серік, қасындағы бірге жүрген жолдасы.*

**Қосшы бала.** *Біреуге қызмет етуші, біреуді күтуші, көмекші жасөспірім, қолбала.* **Қосшы би**. заң. *Мекемелердің белгілі бір ісіне қатысу үшін сайланған халық өкілі.* **Қосшы билік.** *Қосшы бидің міндетін атқарушылық.* **Қосшы одақ**. тар. *Түркістан АКСР-інде, кейін Орта Азия республикалары мен Қазақстанның ауыл, қыстақ кедей шаруаларынан құрылған бұқаралық ұйым.* **Қосшы союз**. сөйл. ***Қосшы одақ***. **Қосшы ұйымы.** тар. совет. *Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауылды жерде алғаш ұйымдасқан кедей шаруалар ұйымы.*

**ҚОСШЫ-ҚОЛАҢ** зат. **1.** *Мал-дәулеті мол, ауқатты, бай адамның қызметін істеп, ат-көлігін бағып-күтіп, шашбауын көтеру үшін жанынан тастамай ертіп жүретін атқосшы, қызметшілері.* **2.** этн. *Күйеу жігіттің қалыңдыққа ұрын келгенде қайын жұртына ерте келетін шашбауын көтеруші жолдас-жора, қызметшілері.*

**ҚОСШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Біреуге қызмет етушілік, қосшы болушылық.* **2.** *Батырдың сенімді сарбазы болушылық, атқосшылық.* **3.** тар. *Әскербасылық етушілік.*

**ҚОСЫҚ** зат. сөйл. ***Қошық***.

**ҚОСЫ-ҚОЛАҢ** зат. тар. *Әскердің, қолдың соңында ілесіп, керек-жарағын, азық-түлігін алып жүретін қызметші топ.*

**ҚОСЫ-ҚОЛАҢДЫ** сын. *Соңында қосы-қолаңы келе жатқан, қосы-қолаңы бар.*

**ҚОСЫЛ=** ет. **1.** *Бірігу, топтасу, ұйымдасу.* **2.** *Араласу, салыну, қатылу.* **3.** *Кіру, қатарға алыну.* **4.** *Басқосу, жұмылу, үсті-үстіне келу, бірлесу.* **5.** *Бір санатта болу, теңелу, тең түсу, бірдей болу.* **6.** *Бірге жүру, серіктес, жолдас болу.* **7.** *Қол астына ену, бағынышты болу.* **8.** *Қабаттасу, қатарласу, жалғасу.* **9.** ауыс. *Біреуге үйлену не күйеуге шығу.* **10.** ауыс. *Айтқанына көну, айтқанын істеу, қолдап-қостау, соңынан еру.*

**Қосылған құн.** қаржы. *Өндіруші (кәсіпорын, фирма, т.б.) сатқан өнімнің оны өндіру үшін сатып алынған және пайдаланылған бұйымдарға (материалдарға) жұмсалған шығынды шегеріп тастағандағы құны.* **Қосылған құн салығы.** қаржы. *Жанама салық түрі, қосылған құнның мемлекеттік бюджетке аударылатын бөлігі, бюджеттің маңызды көздерінің бірі.*

**ҚОСЫЛҒЫШ** зат. матем. *Қосылатын сандар.*

**ҚОСЫЛДЫР=** ет. *Біріктіру, бірлестіру.*

**ҚОСЫЛДЫРУ** *Қосылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСЫЛМАЛЫ** сын. *Қосыла беретін, жалғана беретін созылмалы.*

**ҚОСЫЛУ** *Қосыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСЫЛЫМДЫ: қосылымды оқыту.** пед. *Практикалық нәтиже алуға бағытталған, арнайы ұйымдастырылып, жоспарланған оқу іс-әрекеті.*

**ҚОСЫЛЫҢҚЫ** сын. *Аздап қосылған, қосыла түскен.*

**ҚОСЫЛЫС** зат. хим. *Молекулалары бірнеше элементтердің атомдарынан тұратын зат.*

**ҚОСЫЛЫС=** ет. **1.** *Бірлесу, бірге жүру.* **2.** ауыс. *Үйлену, күйеуге шығу.*

**ҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Өзара байланысты элементтерден тұратын біртұтас материал; бірнеше нәрседен біріккен қоспа, қосынды.*

**ҚОСЫЛЫСУ** *Қосылыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірлесу, бірігу.* **2.** заң. *Заңды тұлғаның қайта құрылуы.*

**ҚОСЫМША[1]** сын. **1.** *Бір нәрсені толықтыра түсетін, толымды ететін; қосалқы, жанама.* **2.** *Негізгіден бөлек, соған қосалқы.* **3.** *Бас ұйымға, мекемеге т.б. қарасты (бөлімше).* **4.** *Негізгіге, табиғиға қарама-қарсы ұғым, жасанды, құранды.* **5.** *Үстеме.*

**Қосымша ақы**. *Нормадан артық істелген жұмыс үшін төленетін ақша.* **Қосымша әдебиет**. пед. *Мектеп және оқу орындары оқушылары мен тәлімгерлеріне пән бойынша берілетін негізгі әдебиетті толықтыратын әдебиет.* **Қосымша бағдарламаны бөлшектеу.** инф. <ағыл. application segmentation> *Клиент-сервер жүйесінде – қосымша бағдарламадан оның үш негізгі бөлімін: мәліметтерді басқару, қосымша бағдарлама алгоритмі мен жариялау алгоритмін бөліп алу және оларды есептеу желісінің әртүрлі тұғырлары мен тораптарына тиімді жолмен үлестіру.* **Қосымша бет**. *Құжаттарды толтырғанда, жазғанда орын болмағанда жапсырылатын қосымша парақ.* **Қосымша бит.** инф. <ағыл. addition bit> *Белгілі бір мақсатпен мәліметтер сөзіне үстемеленетін бит (мысалы, кодтау үшін, жұптығын бақылау үшін және т.б.).* **Қосымша бөлшек**. сөйл. *Қосалқы бөлшек.* **Қосымша білім беру.** пед. *Азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі.* **Қосымша дақылдар.** ауылшар. *Негізгі дақылдардың үстіне қосымша егіліп, негізгі дақылдар орылған соң жаздың екінші жартысында түсімі жиналатын бүркелме дақылдар.* **Қосымша дамыту бағдарламасы.** пед. *Оқушылардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне; азаматтық сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, саламатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мәнді ұйымдастыруға бағытталған бағдарлама.* **Қосымша еңбек.** *Қажетті жұмыс уақытынан тыс орындалған жұмыс.* **Қосымша жад.** инф. <ағыл. expanded memory> а) *Компьютердің жедел жадының көлемін арттыру үшін оған қосымша жалғанатын құрылғы.* ә) *Адрестік кеңістікте 1 мегабайттан жоғары орналасқан физикалық жад аймағы.* **Қосымша жалдау.** экон. *Жалға алушы өзі жалға алған мүлікті басқа тұлғаға (қосымша жалдаушыға) жалға беруді көздейтін шарт.* **Қосымша жем [корек].** ауылшар. а) *Жануарларға үстеп берілетін жем.* ә) *Өсімдіктерге түсімін арттыру үшін үстеме берілетін тыңайтқыш түрі.* **Қосымша жеңілдіктер.** экон. *Жалақыдан тыс өтемақы түрлері.* **Қосымша жергілікті қоғам.** қоғ.-әлеум. *Шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында заңи тұлғалармен немесе азаматтармен (жеке тұлғалармен) жасалған келісім бойынша олардың мүлкін біріктіру жолымен құрылған бірлестік.* **Қосымша жүйке.** биол. <ағыл. nervus accessorus> *Мидың он бірінші жұбы – қозғалтқыш жүйкесі.* **Қосымша жыныс бездері.** <лат.

glandulae genitales accessoria> *Шығару өзектері зәр-жыныс өзегінің қуысына ашылатын көпіршікті-түтікшелі бездер.* **Қосымша код.** инф. *Санның кері (қарама-қарсы) шарт-таңбасының кіші разрядына «бір» санын қосу арқылы алынатын шарттаңба.* **Қосымша күн.** экон. *Жұмысшының қосымша еңбегінің нәтижесінде жасалған құн.* **Қосымша [міндетті емес] құрал-жабдық.** кәс. *Негізгі кешенге кірмейтін құрал-жабдық.* **Қосымша өнім [табыс].** экон. *Жоспардан артық алынатын түсім, табыс.* **Қосымша сабақ.** пед. *Оқушының үлгермеушілігін жойып, білім сапасын арттырып, оқу шеберлігі мен дағдысын жетілдіріп, тиісті бағдарлама деңгейінде білім меңгеруін қамтамасыз ету үшін сабақтан тыс ұйымдастырылған сабақ.* **Қосымша сандар.** мат. *Логарифмнің сәйкес сандар қатынасын өлшеуге арналған қосалқы сандар.* **Қосымша сметалар.** қаржы. *Жергілікті бюджеттер бойынша бекітілген бюджетке кірмей қалған, бірақ та қалайда жұмсалуға тиісті қаржыларға немесе шаруашылықтың бір саласын көтеруге бағытталған қаржыға жасалатын есептеу.* **Қосымша тіркеме.** әск. *Әскер қатарына шақырылуға жарамды адамдарға берілетін куәлік.* **Қосымша шешім.** заң. *Сот шешімі жеткіліксіз, толық емес болған жағдайларда шығарылатын шешім.* **Қосымша шығын.** экон. *Бекітілген бюджеттен тыс тиісті жоғары органдардың ұйғаруы (шешім) бойынша босатылған қаржы.*

**ҚОСЫМША**[2] зат. лингв. <лат. affixus> *Өз алдына дербес жұмсалмайтын, тек түбірге қосылғанда ғана оған жаңа мағына үстейтін, түбірдің (негіздің) лексикалық не грамматикалық мағынасын түбегейлі өзгертетін не сөз тіркестері мен сөйлемдердегі сөздер арасындағы қатынасты айқындайтын қызметтік морфема, жұрнақ және жалғау.*

**Қосымша морфема.** лингв. *Дербес лексикалық мағынасы жоқ, грамматикалық мағынасы бар қосымшалар: жұрнақ, жалғау.*

**ҚОСЫМША**[3] үст. *Барыс және көмектес септігіндегі сөздермен тіркесіп, бұған қоса сонымен бірге, мұнымен қатар деген мағынаны білдіреді.*

**ҚОСЫМШАЛЫ** сын. лингв. *Қосымшасы бар; жалғау, жұрнақ жалғанған.*

**ҚОСЫМШАЛЫҚ** сын. лингв. *Қосымшалардың түбір мен негіздерге жалғануы негізіндегі.*

**Қосымшалық сөзжасам.** лингв. *Қосымшалар арқылы жаңа сөз тудыру.*

**ҚОСЫМШАСЫЗ** сын. **1.** лингв. *Жалғаусыз, жұрнақсыз.* **2.** ауыс. *Ешбір бүкпесіз, шынайы.*

**ҚОСЫН** зат. **1.** көне. *Жауынгерлер тобы, әскер, қол.* **2.** *Әскердің, қолдың тұрағы, жауынгерлер тобы тұратын жер.* **3.** әск. *Белгілі бір мемлекеттің аумағында бөгде әскердің орналасқан жері, әскери тұрағы.* **4.** *Белгілі бір іс, шаруамен айналысатын адамдардың тұратын жері, орналасқан тұрағы.*

**Қосын жекті.** *Бұл жерде біреудің қызметін істеді, соның қызметіндегі адамға айналды деген мағынада.* **Қосыннан түсіп қалды.** жерг. *Қатардан қалып қойды, кері шегінді, елге ілесе алмады.* **Қосын тартты.** жерг. *Жұмысын істеді, қызмет атқарды.*

**ҚОСЫНДЫ** зат. **1.** *Қасиеттері әртүрлі заттардың қосылған түрі; әртүрлі нәрседен құралған қоспа.* **2.** мат. <лат. summa> *Бірнеше қосылғыштарды қосқаннан шыққан нәтиже.* **3.** ауыс. *Оң, терісі аралас, жақсылығы мен жамандығы да бар нәрсе, құбылыс т.б.* **4.** *Екі түрлі үдерістің, көзқарастың, әдіснаманың т.б. өзара бірліктегі қолданысы.*

**ҚОСЫНДЫЛАУЫШ** зат. инф. <ағыл. adder> **1.** *Компьютердің кірісіне берілетін және санаудың кейбір жүйесінде кодтармен ұсынылған сандардың қосындысын табуға арналған компьютердің торабы.* **2.** *Екі санның цифрлық кодтарын қосуға арналған қызметтік бөлшек.*

**ҚОСЫНДЫСЫЗ** сын. *Қосындысы жоқ, қоспасыз, табиғи күйдегі.*

**ҚОСЫҢҚЫ** сын. *Аздап қосыла түскен.*

**ҚОСЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қосу, қоса түсу.*

**ҚОСЫҢҚЫРАУ** *Қосыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОСЫС=** ет. *Біріктірісу, бірге қосу.*

**ҚОСЫСУ** *Қосыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАН** зат. **1.** *Мал түнейтін орын, ашық қора [Арбаларды ауылды айналдыра қойып, қоршау жасайды да, ауылдың ортасындағы орын – қотанда малды түнетеді, қотанға бақан тігілсе, ауылда ұрлық болғанын, ұрының алғанын қайтармаса, тәңірдің қаһарына ұшырайтынын білдіреді].* **2.** *Қойды жайылымда баққан кезде түнде түнететін, күндіз жусататын орын.* **3.** *Ел жайлауға шыққанда ауыл іргесіндегі мал жусайтын шағын алаң.* **4.** *Төбесі ашық мал қора.* **5.** жерг. *Бір бөлек ауыл.*

**Қотаннан саулық өргізді.** бейн. *Ризық несібесін молайтты, малға, аққа кенелтті.*

**ҚОТАНДА=** ет. *Малды қораға іиру, қамау, қотанға жайғастыру.*

**ҚОТАНДАС** сын. *Қотаны жақын, аралас-құралас.*

**ҚОТАНДАС=** ет. *Малды қораға қамасу, қотанға жайғастырысу.*

**ҚОТАНДАСУ** *Қотандас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАНДАУ** *Қотанда етістігінің қимыл атауы; малды жайғау.*

**ҚОТАНДЫ** сын. *Қотан толы; қоралы.*

**ҚОТАН-ҚОТАН** сын. *Қой мен ешкі малының жиыны, бірнеше қотан, қора-қора.*

**ҚОТАНТАС** зат. тар. этн. *Қола дәуіріндегі түркілерге тән тас құрылыстардың бір түрі.*

**ҚОТАНШЫЛ** сын. *Қотанды жақсы күзететін, қотан қорығыш (ит).*

**ҚОТАР=** ет. **1.** *Сұйық затты бір ыдыстан екінші ыдысқа бірден аудара құю.* **2.** ауыс. *Белгілі бір мәтінді бір тілден екінші тілге аудару.*

**Қотара салды.** *Қылқ еткізіп ішіп жіберді, бірақ жұта салды, қылғыта салды.*

**ҚОТАРТ=** ет. **1.** *Сұйық затты бір ыдыстан екінші ыдысқа бірден аудартып құю.* **2.** ауыс. *Белгілі бір мәтінді бір тілден екінші тілге аударту.*

**ҚОТАРТУ** *Қотарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАРУ** *Қотар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАРЫЛ=** ет. **1.** *Сұйық заттың күшті қарқынмен атылып бір ыдыстан екіншісіне құйылу.* **2.** ауыс. *Жұмыла лап қою.*

**Қотарыла көшті.** *Жаппай түгел көшті.*

**ҚОТАРЫЛУ** *Қотарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАРЫС=** ет. *Бір ыдыстан екінші ыдысқа аудара құйысу.*

**ҚОТАРЫСТЫР=** ет. *Сұйықтықты бірбіріне аударыстырып құю.*

**ҚОТАРЫСТЫРУ** *Қотарыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТАРЫСУ** *Қотарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТИЫН** зат. жерг. *Тентек, содырсотқар, қиямпұрыс.*

**ҚОТИЫНСЫ=** ет. жерг. *Қоқилану, кісімсу.*

**ҚОТТАН=** ет. сөйл. *Жағдайы жақсару; қуаттану, әлдену.*

**ҚОТТЫ** сын. көне. *Ішіп-жемі мол, мал-мүлкі жеткілікті.*

**ҚОТЫН** сын. көне. *Қотты, нәсіпті, ризығы мол.*

**ҚОТЫР** зат. **1.** *Адам мен хайуандардың терісіне шығатын жұқпалы қышыма ауру. // Денесіне, терісіне қотыр шыққан, қотыр басқан. // Лас, біркелкі емес, былғаныш. // Ауру, арықтұрық, ақсақ-тоқсақ, барлық мүшесі сау емес (мал).*

**Қотыр бидай.** егіншар. *Жабайы бидай.* **Қотыр ешкі секілді.** сөйл. *Қағынып, ұрынарға қара таппай.* **Қотыр қайың.** өс. <лат. betula pendula> *Қазақстанда ең көп таралған, сыртқы қабығында қара қошқыл түсті бұжыр дақтары бар, қайың тұқымдасына жататын бірүйлі ағаш немесе бұта түрі.* **Қотыр майы.** *Карбол қышқылынан жасалған қотырға жағатын майдың халық арасындағы атауы.* **Қотыр раушан.** өс. <лат. roza laxa> *Раушангүлдер тұқымдасына жататын бұтасын өсімдік.* **Қотыр сөз [тіл].** а) *Жалғаны көп, өтірік сөз.* ә) *Жанға тигізе айтылатын, біреуге тиісе, біреуді қағыта айтылған қыршаңқы сөз.* **Қотыр тай да бермеді.** *Сараңданды, іштарлық жасады.* **Қотыр там.** *Қолдан құйған, балшықтан, кірпіштен салынған шатырсыз аласа тоқал үй.* **Қотыр теке серке болып кетті.** бейн. оқказ. *Түкке тұрмайтынды жалған сөзбен мақтауын асырды, жоқ нәрсені бар қылып өтірік сөзбен жағынды.* **Қотыр түйе.** *Қотыр ауруына шалдыққан түйе.* **Қотырын қасыды.** *Жанды жеріне тиді; тигізіп айтты.*

**ҚОТЫРАШ** сын. *Кедір-бұдыр, қотыр-қотыр; алапес-алапес, алабажақ-алабажақ.*

**ҚОТЫР-ҚОЖАЛАҚ** сын. *Кедір-бұдыр; кір-қожалақ, қотыр-қотыр.*

**ҚОТЫР-ҚОТЫР** сын. *Кедір-бұдыр, қотыраш.*

**ҚОТЫРЛА=** ет. **1.** *Кедір-бұдыр, қарабажақ із түсіру.* **2.** *Қасыну, қотырын үйкеп-сүйкеп қотыр ету, қасу.*

**ҚОТЫРЛАН=** ет. *Тегіс емес болу, бұжырлану.*

**ҚОТЫРЛАНУ** *Қотырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТЫРЛАУ** *Қотырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОТЫРОТ** зат. өс. *Сабағы ұзын, сырты тегіс, іші қуыс, қожакендірлер тұқымдасына жататын көпжылдық шөп.*

**ҚОТЫСТЫР=** ет. жерг. *Араластыру, былықтыру.*

**ҚОШ**[1] [ир. خوش] од. **1.** *Бір-бірімен айырылысар, ұзаққа қоштасар кезде айтылатын лебіз сөз.* **2.** ауыс. *Әлқисса, әңгімені осыдан әрі жалғастырайын деген мағынадағы қыстырма сөз.*

**Қош айтты.** *Қоштасты, айырылысты.* **Қош айтысты.** а) *Алыс сапарға аттанарда бір-біріне ізгі тілек тілесті; аман-саулық тілеп қоштасты.* ә) *Бір істен, бір нәрседен қол үзді, бір жастан, шақтан алшақтады.* б) *Дүниеден өтейін деп жатқан адаммен кешу айтысты; ақтық рет арыздасты.* в) *Бір нәрседен айырылды, жоғалтты.* **Қош, аман бол.** тілек. *Аман-есен бол деген мағынадағы қоштасқанда, ұзаққа айырылысқанда айтылатын лебіз сөз.* **Қош бол [болың]!** *Қоштасарда, алыс сапарға аттанарда көріскенше сау-саламат бол деген мағынада айтылатын сөз.* **Қош боп тұр!** *Көріскенше аман-есен бол, амандығыңды тілеймін деген мағынада қоштасқанда айтылатын тілек.*

**ҚОШ**[2] [ир. خوش] сын. **1.** *Ұнамды, жағымды, құптаған, жылы, тартымды.* **2.** *Жарқын, игі, жақсы.*

**Қош алды.** а) *Дұрыс деп тапты, құптады, мақұлдады.* ә) *Құтті, қарсы алды.* **Қош алушы.** *Қошеметпен күтім көруші.* **Қош болды.** *Риза болды, көңілі толды.* **Қош келдің!** тілек. *Дер кезінде, дәл уақытында келдің; зәуі түсіп келдің, сәтті келдің (көбінесе сырттан келген кісіге, қонаққа т.б. жылы лебіз білдіру үшін айтылады).* **Қош келді.** *Жөн болды, ұнады.* **Қош көрді.** *Ұнатты, жаратты, мақұлдады, құптады.* **Қош рай.** *Қошуақ көңіл.* **Қош тұтты.** *Құрметтеді, сый-құрмет жасады, қошемет көрсетті.* **Қош уақыт болды.** *Бір мезетке жаны жайланды, бір сәтке болса да көңілі жадырады, қуанышқа бөленді.*

**ҚОШАҚ: қошақ зекет.** діни. *Астықтан алынатын зекет түрі.*

**ҚОШАҚАН** зат. **1.** экспр. *Қойдың төлін, қозысын жақсы көріп айтатын сөз.* **2.** ауыс. *Кішкене баланы еркелеткенде айтылатын сөз.*

**ҚОШАҚАНША** үст. *Қошақан тәрізді, қошақанға ұқсап.*

**ҚОШ-АМАН: қош-аман бол!** *Қош-есендік, аманшылық, тыныштық тілеймін (айырылысқанда айтатын қоштасу сөз).*

**ҚОШЕМЕТ** [ир. خوش‌آمد ] з а т. **1.** *Адамға жасалатын сый, құрмет, ізет, қолпаштау. // Мадақтаған, дәріптеген, қолпаштаған.* **2.** *Қолпаштап, көтермелеген сөз.* **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Жағымпаздық, жарамсақтық.*

**Қошеметке мас болды.** *Қадір-құрметке бөленді, марапатталды.* **Қошемет көрсетті [қылды, етті].** *Шашбауын көтерді; сый-құрмет жасады, құрметтеді.*

**ҚОШЕМЕТ-ҚОЛПАШ** з а т. *Адамға көрсетілген құрмет, қолдау, сый-сияпат.*

**ҚОШЕМЕТ-ҚҰРМЕТ** з а т. *Сый-құрмет, қолдау мен қолпаштау.*

**ҚОШЕМЕТТЕ=** е т. **1.** *Құрметтеу, сый-құрмет көрсету, ізет білдіру.* **2.** *Мақтау, мадақтау, қолдау, дәріптеу.*

**ҚОШЕМЕТТЕС=** е т. *Сый-құрмет көрсетісу, ізет білдірісу, құрметтесу.*

**ҚОШЕМЕТТЕСУ** *Қошеметтес етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОШЕМЕТТЕТ=** е т. *Қошеметтету, сый -құрмет көрсеттіру, ізет білдірту.*

**ҚОШЕМЕТТЕТУ** *Қошеметтет етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОШЕМЕТТЕУ** *Қошеметте етістігінің қимыл атауы; қолдау, мадақтау.*

**ҚОШЕМЕТТЕУШІ** з а т. *Қошемет етуші, құрметтеуші.*

**ҚОШЕМЕТШІ** з а т. **1.** *Қызмет етіп құрметтеуші, сыйлаушы.* **2.** *Мадақтаушы, көтермелеуші, дәріптеуші.* **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Жарамсақтанушы, жағымпазданушы.*

**ҚОШЕМЕТШІЛ** с ы н. **1.** *Қошемет ете білетін, қошемет қылатын, қолдаушы, дәріптеуші.* **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Жарамсақтанғыш, жағынғыш, жағымпаз.*

**ҚОШЕМЕТШІЛДІК** з а т. *Асыра мақтаушылық, дәріптеушілік.*

**ҚОШ-ЕСЕН: қош-есен бол**. *Қош-сау бол, аман-есен бол.*

**ҚОШЕТЕР** з а т. *Зергер, қош етуші (жұрттың бәрін қуантатын шебер).*

**ҚОШҚАР** з а т. **1.** *Жыныстық қуаты 4–5 айлығында жетілген, күйекке түсетін еркек қой.* **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Әйтеуір еркек аты бар адам.*

**Қошқар мұрын [тұмсық].** *Қошқардың тұмсығындай дөңес мұрын, қоңқақ мұрын.* **Қошқар мұрындау.** с ө й л. *Мұрны қошқардың тұмсығындай дөңес келген.* **Қошқар туған қозыдай**. б е й н. *Келісті, ер мүсінді, денелі, келбетті.* **Қошқар тұмсықты**. *Дөң мұрынды, қоңқақ мұрны бар.*

**ҚОШҚАРАТ** з а т. қ о л ө н е р. *Шиыршық-талып келген қошқардың мүйізіне ұқсас бір-біріне жалғасқан желі түріндегі қазақтың көбіне басқұрға салатын өрнегінің түрі.*

**ҚОШҚАРДАЙ** с ы н. *Ірі, үлкен.*

**ҚОШҚАРЛЫ** с ы н. *Қошқары бар, қошқар ұстайтын.*

**ҚОШҚАРЛЫҚ** з а т. *Қошқар болғандық, күйекке түскендік.*

**ҚОШҚАРМАҢДАЙ** с ы н. г е о л. *Мұздықтар қозғалысы әсерінен тегістелген және жалтырай өңделген, дөң-дөңес.*

**ҚОШҚАРМҮЙІЗ**[1] з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Қошқардың мүйізі тәрізді қазақтың ұлттық дәстүрлі өрнегі, оюы. // Қошқардың мүйізіне ұқсап иірілген.*

**ҚОШҚАРМҮЙІЗ**[2] з а т. з о о л. <лат. unio> *Қос бақалшақты моллюскілер туысы.*

**ҚОШҚАРША** ү с т. *Қошқар тәрізді, қошқарға ұқсап.*

**ҚОШҚАРШЫ** з а т. м а л ш а р. *Үлкен мал шаруашылықтарында қошқарға жеке қарай-тын малшы.*

**ҚОШ-ҚОШ**[1] о д. *Қойды қайыру, тыныштандыру немесе иіту үшін айтылатын ишарат сөз.*

**ҚОШ-ҚОШ**[2]**: қош-қош айтты**. *Қайта-қайта қоштасты.*

**ҚОШҚЫЛ** с ы н. *Қара қоңыр, күреңдеу (түс).*

**Қошқыл бактериялар.** б и о л. *Құрамында түрлі түсті (қызыл, күлгін, қоңыр, қошқыл) бояулары бар бактериохлорофилді және қаратеноидті пигменттері бар бактериялар.* **Қошқыл қызыл**. *Қошқылы басым қызыл (түс).* **Қошқыл теміртас.** г е о л. *Бірқатар минералдардың қоспаларынан, негізінен темір гидроксидтерінен (гетит, гидрогетит, гидрогематит), балшықты минералдардан тұратын темір рудалары.* **Қошқыл теңгіш**. з о о л. *Австралия суқоймаларында тіршілік ететін, табиғатта дене тұрқы 20 см-ге дейін жететін зеңгібас тұқымдас балықтардың бірі.*

**ҚОШҚЫЛДАН=** е т. *Қошқыл тарту, күреңдену, қарауыту.*

**ҚОШҚЫЛДАНДЫР=** е т. *Күреңдендіру, қара қоңырландыру.*

**ҚОШҚЫЛДАНДЫРУ** *Қошқылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОШҚЫЛДАНУ** *Қошқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОШҚЫЛДАУ** с ы н. *Қара қоңырлау, күреңдеу.*

**ҚОШҚЫЛТ** с ы н. *Қошқылданған, қошқылдау.*

**ҚОШНА** с ы н. ж е р г. *Жақын араласатын, аралас дос адам.*

**ҚОШНОТ** с ы н. к ө н е. е с к і к і т. *Риза, көңілді, қуанышты.*

**ҚОШРОЙ** с ы н. е с к і к і т. *Сұлу, сымбатты, әдемі, шырайлы.*

**ҚОШ-САУ: қош-сау бол.** *Аман-есен бол деген мағынадағы қоштасқанда айтылатын лебіз сөз.*

**ҚОШТА=** е т. *Біреудің іс-әрекетін, пікірін қолдау, құптау, мақұлдау.*

**ҚОШТАН=** е т. *Көңілі жай табу, көңілдену.*

**ҚОШТАС=** е т. **1.** *Қош айтысу, «қош бол» деу.* **2.** *Қол үзу, айырылысу.*

**ҚОШТАСТЫР=** е т. **1.** *Қош айтыстыру.* **2.** *Қол үздіру.*

**ҚОШТАСТЫРУ** *Қоштастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОШТАСУ**[1] з а т. ә д е б. *Елді, жерді тастап, алысқа сапар шеккенде, жақын-туыстарынан айырылғанда әнге қосып айтылатын мұңлы-шерлі сарынға толы, мұң-шер өлеңдер тобына жататын, қазақтың дәстүрлі салт жыры.*

**ҚОШТАСУ**[2] *Қоштас етістігінің қимыл атауы; қош айтысу.*

**ҚОШТАТ=** е т. *Мақұлдату, құптату.*

**ҚОШТАТУ** *Қоштат етістігінің қимыл атауы; мақұлдату.*

**ҚОШТАУ** *Қошта етістігінің қимыл атауы; қолдау.*

**Қоштау артиллериясы.** ә с к. *Батальондық полктік және қоса берілген өздігінен жүретін артиллерияның бөлімшесі.*

**ҚОШТЫҚ**: **көңіл қоштығы**. *Көңілдің жай тапқандығы.*

**ҚОШУАҚ** с ы н. *Жайдары, жарқын, шатшадыман, көңілді, қуанышты, бақытты.*

**Қошуақ алу**. *Қошеметтеу, көңілді қарсы алу.*

**ҚОШЫҚ**[1] з а т. к ө н е. *Өлең-жыр, ән-күй.*

**Қошығын қостады**. *Біреудің сөзін сөйледі, қошеметтеді.*

**ҚОШЫҚ**[2] з а т. ж е р г. *Музыкалық аспап.*

**ҚОШЫҚ**[3] с ы н. ж е р г. *Дұрыс, орынды, жөн.*

**ҚОШЫН** з а т. к ө н е. ә с к. ***Қосын.***

**ҚОШЫНА** з а т. к ө н е. *Бөтен елден, жерден келіп, бір үйді сағалап, көрші қонған үй.*

**ҚОЮ**[1] с ы н. **1.** *Сұйық емес.* **2.** *Қалың, тығыз, жиі.* **3.** *Ештеңе көрінбейтін, қап-қараңғы.*

**Қою қараңғылық.** *Түк көрінбейтін, көзге түрткісіз қараңғылық.* **Қою қымыз.** э т н. *Жақсы ашып, бабына жеткен, жаз соңындағы немесе ерте күздегі әбден піскен шүйгінді шөпке жайылған бие сүтінен жасалған қымыз.* **Қою сүт.** ж е р г. *Иінді сүт, сиырдың екінші сауған сүті.*

**ҚОЮ**[2] *Қой етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орналастыру, жайғастыру.* **2.** *Қалдыру, сақтау.* **3.** а у ы с. *Тоқтату, доғару, тию.* **4.** *Жерлеу, көму.*

**ҚОЮЛА=** е т. *Қою ету, қойылту, қою жасау.*

**ҚОЮЛАН=** е т. **1**. *Қою тарту, қойылу.* **2.** *Жиілену, қалыңдау, тығыздалу.* **3.** *Қараю, қараңғылану.*

**ҚОЮЛАНДЫР=** е т. *Қойылту, қою тарттыру.*

**ҚОЮЛАНДЫРҒЫШ** з а т. *Еріткенде немесе ісінгенде желім тәрізді қою әрі тұтқыр масса түзеті зат.*

**ҚОЮЛАНДЫРУ** *Қоюландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЮЛАНУ** *Қоюлан етістігінің қимыл атауы; қою тарту, қойылу.*

**ҚОЮЛАТ=** е т. **1.** *Қою тарттыру, қойылту.* **2.** *Қалыңдату.* **3.** *Қарайту, қараңғылату.*

**ҚОЮЛАТҚЫШ** з а т. х и м. *Тұндырғыш.*

**ҚОЮЛАТУ** *Қоюлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЮЛАУ** с ы н. **1.** *Қоюланыңқырап кеткен, қоюырақ.* **2.** *Қараңғылау.*

**ҚОЮЛЫҚ** з а т. **1**. *Сұйық еместік, ұйірімділік.* **2**. *Жиілік, қалыңдық, тығыздық.*

**ҚОЮШЫ** з а т. *Бір нәрсені қойған (қоятын) адам.*

**ҚОЮЫРАҚ** с ы н. *Қоюы мол, қоюлау.*

**ҚОЯ**[1] з а т. **1**. *Құстың бөтегесі мен иттің асқазанында қорытылмай, жеген асынан қалып қойған жарамсыз зат (жүн-жұрқа, қоқсық т.б.).* **2.** с а я т. *Қоя тастату үшін құстың аузына тығындап салынған не берілген зат.* **3**. а у ы с. *Жасырын пікір, ашылмаған сыр, былық.*

**Қоясын ашты [ақтарды].** *Қылмысын әшкереледі, сырын ашты.* **Қоясы теріс келді**. *Жақтырмады, ұнатпады, жыны ұстады.* **Қоя түсіру.** с а я т. *Құсты аңға саларда киіз не қыл жұтқызып, бірер тәуліктен кейін қайта құстырып, қояны сыртқа шығару.*

**ҚОЯБА** з а т. с ө й л. *Құстың қоясы.*

**Қоябасын шығарды.** *Масқара қылды, әшкереледі.*

**ҚОЯЛА=** е т. *Қоя жиналып қалу.*

**ҚОЯЛАТ=** е т. *Қоясын түсірту, құстырту.*

**ҚОЯЛАТУ** *Қоялат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЯЛАУ** *Қояла етістігінің қимыл атауы; қоясын түсіру.*

**ҚОЯН**[1] з а т. з о о л. **1.** *Құйрығы қысқа, артқы аяқтары ұзындау келген, ұзын құлақ кішілеу аң.* **2.** з о о л. <лат. leporidae> *Кеміргіштер тобына жататын ұзын құлақ сүтқоректі жабайы аң (не үй жануары).*

**Қоян бөрік.** *Қоян терісінен тігілген бөрік.* **Қоян биі**. *Қазақтың халық биі.* **Қоян бүркіт**. *Қазақтың халық биі.* **Қоян жақ.** *Қоянның жағы сияқты шығыңқы, сүйір.* **Қоян жалтаққа салды.** *Жалт берді, бұлталақтады, жалтарды.* **Қоян жон**. *Қоянның жоны тәрізді дөңес келген, үсті тегіс, жұп-жұмыр қыр.* **Қоян жондады.** *Томпайтты, жұмырлады.* **Қоян жонды.** *Жоны қоянның жонындай.* **Қоян жүзген.** ө с. <лат. calligonum humile> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Қоян жүрек қорқақ.** *Сужүрек, табансыз, үрейшіл.* **Қоян жылы**. *Барыс жылынан соң, ұлу жылынан бұрын келетін, 12 жылда бір рет қайталанып отыратын мүшел есебінің 4-жылы.* **Қоян жымындай жол.** *Ирек, жықпылды, бұрылысы көп сүрлеу.* **Қоян қашты.** ж е р г. *Егінді орып бітер кезде сұрап келгендерге беретін үлес.* **Қоян қашты, бел басар.** ж е р г. *Егін орылып жатқанда, аяқталатын кезде тездетіп ору.* **Қоян қаштылады.** *Іске, жұмысқа өте қызығып, ынталанып кірісті.* **Қоян қора.** *Үй қояны ұсталатын тор, торлы батарея, жаппа.* **Қоянның жымындай жол.** *Ирек, жықпылға тартуы көп сүрлеу.* **Қоян терісі құрлы болмады.** а) *Заттың сапасы түкке жарамады.* ә) *Шыдамсыздық, төзімсіздік көрсетті.* **Қоян фермасы.** а у ы л ш а р. *Қоян өсіруді ұйымдастыратын ауылшаруашылығы кәсіпорнының бөлімшесі.* **Қоян шоқырақ**. *Жай шабыс.* **Қоян ішік.** э т н. *Қоян терісінен тігілген ішік.*

**ҚОЯН**[2] з а т. а с т р. <лат. lepus> *Аспанның оңтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз* [*Оның екі жарық жұлдызы 2,6- және 2,8 – жұлдыздық*

*шамада жалтырап көрінеді. Эридан, Таразы, Сыңар мүйіз, Үлкен Арлан, Көгершін, Кескіш шоқжұлдыздарының аралығында орналасқан. Қазақстан аумағында қараша – желтоқсан айларында көрінеді*].

**ҚОЯНАРПА** з а т. ө с. <лат. hordeum leporinum> *Беткейлерде, арық бойларында өсетін, биіктігі 15-40 см-дей, біржылдық, көгілдір түсті өсімдік.*

**ҚОЯНАЯҚ** з а т. ө с. *Тарының сарғыштау түрі.*

**ҚОЯНБЕДЕ** з а т. ө с. *Күлгін түсті ақшыл гүлі болатын көпжылдық өсімдік.*

**ҚОЯНБҰРШАҚ** з а т. ө с. <лат. orobus> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОЯНДАЙ** с ы н. *Қоян сияқты, қоян тәрізді.*

**ҚОЯНДЫ** с ы н. *Қояны көп (жер).*

**ҚОЯНЕРІН**[1] з а т. с ө й л. ***Қоянжырық.***

**ҚОЯНЕРІН**[2] з а т. ө с. *Дәрілік шөп.*

**ҚОЯНЖҮТ: қоянжүт шөре.** ө с. <лат. climacoptera kasakarum> *Биіктігі 15-50 см, түп жағы бұтақты, көкшіл сұрғылт, төменгі жағында ұзын, ұйысқан түктері бар, алабота тұқымдасына жататын біржылдық шөп.*

**ҚОЯНЖҮЗГІН** з а т. ө с. <лат. calligonum humile> *Жүзгін туысына жататын, биіктігі 0,3-0,7 м бұта.*

**ҚОЯНЖҮН** з а т. ө с. ***Қоянжын.***

**ҚОЯНЖЫН** з а т. ө с. <лат. halocharis> *Биіктігі 5-30 (50) см, көкшіл, сұрғылт, түгі қысқа, алабұта тұқымдасына жататын жұмсақ, ұсақ шөп.*

**ҚОЯНЖЫРЫҚ**[1] з а т. м е д. *Адамның үстіңгі ерні жырық болып біткен, іштен туа пайда болатын кемістік.*

**ҚОЯНЖЫРЫҚ**[2] з а т. ө с. <лат. lagochilus bge> *Жапырақтары сопақша, үш-беске тармақталған, гүлдері жиналып, масақ тәрізденіп сабақ басына орналасқан, биіктігі 25-45 см кішілеу келген тікенді бұта.*

**ҚОЯНҚАРТА** з а т. ө с. ж е р г. *Қой малы сүйіп жейтін ұзындығы 15-20 см, түп-түп болып құмда өсетін өсімдік.*

**ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ** ү с т. **1.** *Тым жақын, бетпе-бет.* **2.** *Тізе қосып, аралас-құралас, бірге.*

**Қоян-қолтық араласты.** *Өте тығыз байланыста болды; мидай араласты.* **Қоян-қолтық соғыс қарулары.** к ө н е. ә с к. *Қазақтардың шабуыл құралдарының негізгі түрлері.* **Қоян-қолтық ұрыс [айқас].** ә с к. *Соғысушы жаяу әскердің бөлімшелері бір-біріне қысқа қашықтықта жақындап, негізінен суық қарулар (найза, қанжар және т. б.) қолданылатын таяудағы ұрыс түрі.*

**ҚОЯН-ҚОЛТЫҚТАС=** е т. *Тығыз араласу, бірлесу.*

**ҚОЯН-ҚОЛТЫҚТАСУ** *Қоян-қолтықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚОЯНҚҰЙРЫҚ** з а т. ө с. <лат. alopecurus> *Астық тұқымдасына жататын өсімдік туысы.*

**ҚОЯНҚҰЛАҚ** з а т. ө с. <лат. lindelofia> *Айлаулықтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚОЯНҚҰЛАҚШАМ** з а т. ж е р г. *Шынысыз шам.*

**ҚОЯНОТЫ** з а т. ө с. <лат. sedum telephium> *Жасаңшөп тұқымдасы бозкілем туысына жататын өсімдік.*

**ҚОЯНСҮЙЕК** з а т. ө с. <лат. ammodendron> *Құмды жерде өсетін биіктігі 2-4 метрлік бұта, кішігірім ағаш; құмқараған.*

**ҚОЯНТАМАҚ** з а т. ө с. <лат. perovskia rarel> *Биіктігі 1 метр, сабағы сидаң бұтақты, түкті, кейде түксіз, еріндігүлділер тұқымдасына жататын жартылай бұта.*

**ҚОЯНТӘРІЗДІЛЕР** з а т. б и о л. <лат. lagomorha> *Сүтқоректілер класының бір отряды.*

**ҚОЯНТОБЫҚ** з а т. ө с. <лат. scorzonera sericeo-lanata> **1.** *Құмға шығатын, түбі картоп тәрізді, жапырағы қарбыз жапырағындай өсімдік.* **2.** ж е р г. *Ұзындығы 10–20 см-дей өсімдік.*

**ҚОЯНХАНА** з а т. ж е р г. *Қоян үшін тастан салынған үй.*

**ҚОЯНША** ү с т. *Қоян тәрізді, қоянға ұқсап.*

**ҚОЯНШӨП** з а т. б о т. <лат. asparagus polyphyllus> *Лалагүл тұқымдасына, қасқыржем туысына жататын, көген тамырлы көпжылдық өсімдік туысы.*

**ҚОЯНШЫҚ** з а т. м е д. < грек. epilepsia> **1.** *Кенеттен естен тандырып құлататын ұстамалы, талма ауру.* **2.** а у ы с. *Жынды, есуас, есалаң.*

**Қояншығы басына жиналу.** ж е р г. *Жыны ұстау, ашудан жарыла жаздау.* **Қояншығы ұстады.** *Қырсығып қалды, жынданды.*

**ҚОЯРДА-ҚОЙМА: қоярда-коймады.** *Жалынып-жалпайды, өзеуреді.*

**ҚОЯРДА-ҚОЙМАЙ** ү с т. *Жалынып-жалбарынып, қыр соңынан қалмай.*

**ҚОЯР-ҚОЙМАС** ү с т. *Тез, жылдам, асығып-үсігіп.*

**ҚУ**[1] з а т. з о о л. *Иілген ұзын мойынды, суда жүзіп жүретін үлкен құс, аққу.*

**Қу да у ы с. ты.** *Даусы саңқылдаған, әдемі.* **Қуды мініп, құланды құрықтады.** *Өте епті, әбжіл адам туралы айтылады.* **Қу мойын.** *Ұзын, иілген мойын.*

**ҚУ**[2] з а т. э т н. *Темір, тас шақпақпен от тұтату үшін арнайы мақтадан әлде сиырқұйрық сияқты шөптің бүрінен әзірлеп қойған зат; оттұтатқыш.*

**ҚУ**[3] с ы н. *Кедей, жоқ-жітік адам.*

**Қу кедей.** э к с п р. *Тақыр кедей, сіңірі шыққан кедей дегенді налып айту мағынасында.* **Қу сирақ.** а) *Жарымаған, дәнеңесі жоқ, кедей.* ә) *Қыдырымпаз, кезбе.* **Қу [қызыл] сирақ кедей.** *Мал-мүліктен жұрдай, сіңірі шыққан, жарлы.* **Қу тірсек.** *Жарымаған, жарлы.*

**ҚУ**[4] с ы н. **1.** *Дымқыл емес, құрғап кепкен, қураған; құрғақ.* **2.** а у ы с. *Құрып кеткір, құрығыр деген мағынада.*

**Қу бас.** *Бала көрмеген не баласынан айырылып, жалғыз қалған, жалғыз басты кісі, адам (көбіне, кәрі шал-кемпір туралы айтылады).* **Қу бас жақтанды.** ж е р г. *Кәрілік келді, қартайды.* **Қу бастан қуырдақ ет алды.** *Өте сараң, жоқтан бардың жасайтын адам туралы да, арамнетті адам туралы да айтылады.* **Қу басы.** *Бір өзі, қараған басы.* **Қу бауыр.** с ө й л. э к с п. *Бүйрегі бұрып, бәрінен артық көріп тұрған туыс, жақын адамы.* **Қу борбай.** э к с п. а) *Сидиған, арық, сымпиған, келісімсіз (адам).* ә) *Оңбаған, құтыңдаған.* **Қу бұта.** *Жапырақсыз, кеуіп қалған немесе тарамдалған өркендері жоқ бұта.* **Қу бүйен.** в е т. *Бүйені қатып қалып ауыратын қой ауруының түрі.* **Қу дала [медиен, құлан жортпас қу дала].], құба [құла] мекен [дүз].** *Елсіз, сусыз құла дүз, құлазыған мекен; ұшы-қиыры жоқ сары дала.* **Қу жақтылау.** *Солыңқы жақ, етсіздеу, арық жақ.* **Қу жаны қуырдақ болды.** *Жаны қалмады, күйіп-пісті, бәйек болды.* **Қу жауырын.** э т н. *Бір нәрсені болжап, жорамал айтатын, бал ашатын әбден кептірілген, қақталған сүйек.* **Қу жебе.** *Садақтың қақ болып әбден қатып қалған оғы.* **Қу жетім.** т а р. *Панасыз (туыс, жақыннан жұрдай) бала, нағыз жетім.* **Қу жетімдік.** э к с п р. *Панасыздықтың, қу жетімнің күйін көп тартқан кезде, шарасыз қалғанда айтылатын сөз.* **Қу заман.** *Бұзылған, кері кеткен дәуір.* **Қу көкірек.** *Бос дәме, құр кеуде.* **Қу қабақ.** *Тапқыр, амал-айлашыл.* **Қу қазан.** *Үйінен ас-су татырмайтын сараң.* **Қу қанжыға.** *Сор жолды, жолы болмайтын, қырсыққа шалдыққыш.* **Қу қанжыға жүйрік.** *Жолы болмайтын, қырсыққа шалдыққыш, бәйге аты.* **Қу қаптал.** *Қағынған, бұзық, сұм кісі.* **Қу қара жер төсек болды.** п о э т. э к с п р. к е ю. *Қатігез ажал алып кетті; қаза болды.* **Қу қоныс.** т а р. *Құтсыз, бақыты жанбаған, ырысы бұйырмаған мекен.* **Қу Құдай.** с ө й л. к е й і с. *Қатты күйзелгенде, ашу-ыза кернегенде қайырымсыз, мейірімсіз, әділетсіз Құдай деген мағынада айтылатын сөз.* **Қу мазар.** *Бейіт, мола тәрізді, ың-шыңсыз.* **Қу мал.** с ө й л. *Опасы жоқ, дүние-мал.* **Қу маңдай [шұнақ].** к е й і с. *Жазған сорлы, азабы арылмаған, сорлы деген мағынадағы кейіс сөз.* **Қу мұрт.** *Селдір мұрт.* **Қу нәпсі.** *Пендешілік, пайдакүнемдік.* **Қу өңеш.** *Тамақ, құлқын.* **Қу сөзден қуырдақ қуырды.** *Аузымен орақ орды; істің бәрін сөзбен ғана тындырды.* **Қу сүйек.** *Еті қашқан, қаусаған, дәрменсіз адам.* **Қу тақыр.** *Ешқандай өсімдік өспеген, тап-тақыр.* **Қу тамақ.** *Ішер ас, аш өзек, нәпсі.* **Қу толағай бастанды.** *Басына күн туып, зорлық-зомбылық көрді, тарықты.* **Қу тізесін құшақтады.** *Әйелсіз, бала-шағасыз өмір сүрді; қосағынан айырылды, жалғыз қалды.*

**ҚУ**[5] с ы н. **1.** *Айлакер, амал тапқыш, епшіл.* **2.** а у ы с. *Алаяқ, сұм, сұмырай.* **3.** а у ы с. *Опасыз, жалған, баянсыз.*

**Қу ауыз.** а) *Сараң, қытымыр, қатты.* ә) *Аузы жаман, өсекші, жылпос адам.* б) *Аузының салымы жоқ адам.* **Қу аяқ ат.** *Өте жүрдек жылқы деген мағынада.* **Қу аяқ.** *Ала аяқ, залым, зымиян, арамза.* **Қу жақ.** а) *Сөз кезегін бермейтін, не болса соны айтып мазаны алатын.* ә) *Әзілқой, қалжыңбас, сөзуар.* **Қу құлқынның қамы үшін [қамымен].** *Күнделікті, күйбең тірлікпен, тірлік үшін.* **Қу мүйіз.** *Көп көріп, тіс қаққан, ысылған.* **Қу мүйіз кісі.** а) *Көпті білетін, жағдайға қанық, кәнігі, пысық.* ә) *Әкімқұмар, мансапқор.* **Қу таңдай.** *Таңдайы тақылдап қалған, сөзуар.* **Қу тілденді.** *Қуақыланды, қуланды.* **Қу тілділеу.** *Қалжыңшыл, күлдіргіш, тілі қыршаңқылау.* **Қу шықты.** *Пысықсынды.*

**ҚУ**[6] з а т. *Ажуа, мысқыл, шымшыма сияқты неше алуан қызықты әңгімелерді жанынан шығарып әрі оны бар бояуымен құлпыртып орындайтын күлдіргі халық өнерпаздары.*

**ҚУ=** е т. **1.** *Қашқан нәрсеге жету үшін соңына түсу, жүгіру.* **2.** *Бір жерден кетіру, бездіру, аластау.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсеге ынта қою, соңына түсіп іздеу.*

**Қуып жіберді.** *Адамды, аң мен құсты малды белгілі бір жерден аулақтатып, жолатпай қуып тастады.*

**ҚУАҒАШ** з а т. б о т. *Қураған ағаштардың құламаған құрғақ сұлбасы.*

**ҚУАЙ-ҚУАЙ** о д. *Түйені түзға шақыр-ғанда айтылатын ишарат сөз.*

**ҚУАҚЫ** с ы н. *Әзілқой, күлдіргі, қал-жыңбас.*

**Қуақы тілді.** *Қу тілді, әзілқой.*

**ҚУАҚЫЛАН=** е т. *Қутың қағып, қулыққа салыну, ойнақылану.*

**ҚУАҚЫЛАНДЫР=** е т. *Құландыру, құтың қақтыру, құтыңдаттыру.*

**ҚУАҚЫЛАНДЫРУ** *Қуақыландыр етістігінің қимыл атауы; қағыттыру, қалжыңдаттыру.*

**ҚУАҚЫЛАНУ** *Қуақылан етістігінің қимыл атауы; қалжың-әзіл айтуға жаны құмарлану.*

**ҚУАҚЫЛАУ** с ы н. *Қу тілділеу, қалжыңбастау, әзілқойлау.*

**ҚУАҚЫЛЫҚ** з а т. *Әзілқойлық, ойын-күлкіге, әзіл әңгімеге құштарлық.*

**ҚУАЛА=** е т. **1.** *Ұстап алу үшін қашқанның артынан қуу, соңынан жүгіру.* **2.** *Малды алдыға салып жеделдете қуу, тез айдау.* **3.** *Бір нәрсенің артынан іле-шала іздеп бару, тездетіп жедел жету; ізіне түсу, өкшелеу.* **4.** *Бір жаққа қарай қуып жіберу, айдап тастау: үркіту, қорқыту.* **5.** *Тұрған жерінен, тұрақты мекенінен зорлықпен қуу, күшпен айдап шығу; аластау.* **6.** *Бір жаққа күшпен жіберу, еріксіз баруға мәжбүр ету. // Дедектетіп жұмсау.* **7.** а у ы с. *.Қызметтен қуу, жұмыстан шығару; қудалау.* **8.** *Бірінен кейін біріне көшу,* а у ы с. *у; сатылап жылжу.* **9.** *Бір нәрсенің бойын бойлау, бойымен жылжу, жағасын жағалау.* **10.** а у ы с. *Бір нәрсенің соңына түсу, соны діттеу, іздену, түртіншектеу.* **11.** а у ы с. . *Бір нәрсеге ғана баса көңіл бөлу; басқаны елемеу, ескермеу.* **12.** а у ы с. . *Аңсау, іздеу.*

**Қуалаған ит көрмеу.** ж е р г. *Адам баласы басын сұқпау, ешкім кірмеу.*

**ҚУАЛАҒЫШ**: **тұқым қуалағыш**. биол. *Тұқымнан тұқымға* ауыс. *атын, тегіне (негізіне) тартатын.*

**ҚУАЛАҒЫШТЫҚ: тұқым қуалағыштық**. *Тұқымнан тұқымға* ауыс. *қыштық, тегіне тартқыштық.*

**ҚУАЛАНДЫ** сын. *Тыным таппаған, көп жүрген, айдалған.*

**ҚУАЛАС=** ет. *Бірінің соңынан бірі жүгірісу, қуысу.*

**ҚУАЛАСПАҚ** зат. ойын. *Балалардың бірін-бірі қуалап ойнайтын ойыны.*

**ҚУАЛАСУ** *Қуалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАЛАТ=** ет. *Қуғызу, қудырту.*

**ҚУАЛАТУ** *Қуалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАЛАУ** *Қуала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біреудің соңынан қуу, жүгіру.* **2.** *Бір нәрсенің артынан тездетіп жедел жету; ізіне түсу, өкшелеу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің соңына түсу, түртіншектеу.*

**ҚУАЛАУШЫЛЫҚ:дыбыс қуалаушылық**. *Дыбыс, сөз ұйқасына мән берушілік.*

**ҚУАН=** ет. *Бірдеңеге мәз болу, қуанышқа бөлену, шаттану; көңілі өсіп жайдарылану.*

**ҚУАНА-ҚУАНА** үст. *Қуанған үстіне қуана; қайта-қайта қуанып.*

**ҚУАНАРЛЫҚ** сын. *Мәз боларлық, шаттанарлық, масаттанатындай.*

**ҚУАНҒАННАН** үст. *Шаттанғандықтан, мәз болғандықтан.*

**ҚУАНДЫР=** ет. *Шаттыққа бөлендіру, мейірлендіру, көңілін өсірту.*

**ҚУАНДЫРУ** *Қуандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАНТ=** ет. *Көңілді риза ету, шаттандыру, масаттандыру.*

**ҚУАНТУ** *Қуант етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАНУ** *Қуан етістігінің қимыл атауы; риза болып шаттану, көңілдену.*

**ҚУАНУЛЫ** сын. *Қуанышты, мәз-майрам, шаттанған.*

**ҚУАНЫС=** ет. *Шат-шадыман болысу, қуанышқа бірге бөлену.*

**ҚУАНЫСУ** *Қуаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАНЫШ** зат. **1.** *Бір нәрсеге қуану, масаттанып, риза болу сезімі; шаттық, көңілділік.* **2.** ауыс. *Біреудің көңілге медеу тұтарлық жұбанышы, қызығы, арқа сүйері.*

**Қуаныш әкелді**. *Қуантты, қуанышқа кенелтті, мәз етті.* **Қуаныш білдірді**. *Бірге қуанды, қосыла қуанды.* **Қуаныш етті [қылды]**. *Қуанды, мәз болды.* **Қуаныш кернеді**. *Қатты қуанды.* **Қуаныш көрді**. *Бірге қуанды, мәз болды.* **Қуанышқа батты**. *Қуанды, мәз-мәйрам болды, шаттанды.* **Қуанышқа бөледі**. *Қуантты, шаттандырды.* **Қуанышқа бөленді [кенелді]**. *Қуанды, шаттанды, мәз болды.* **Қуанышқа толды**. *Қуанып қалды, шат-шадыман болды.* **Қуаныш құндағына бөленді**. *Мәз болды, шаттанды.* **Қуаныш құтты [қайырлы] болсын**! тілек. *Қуанышты жағдайға байланысты адамға (отбасына) айтылатын тілек.* **Қуаныш оты жарқ етті [жарқырады, көрінді]**. *Қуанғандықтың белгісі байқалды.* **Қуаныш сыйлады**. *Қуантты, қуанышқа бөледі.* **Қуаныш пен қайғы емді**. *Зейнеті мен азабын бірге көрді.* **Қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады**. *Қатты қуанды, шаттанды.* **Қуаныштан жүрек жарылып кетердей**. *Қатты қуанған, ерекше шаттанған.* **Қуанышты күн**. *Қуанышты хабар алған, қуанған, ерекше күн.* **Қуаныштың гүлін екті**. *Көңілін көтерді, қуанышқа, шаттыққа бөледі.* **Қуанышы қойнына толды [сыймады]**. *Қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады, қатты мәз болып, шаттыққа бөленді.* **Қуанышында шек жоқ [шек болмады]**. *Қатты қуанды, шаттыққа бөленді.* **Қуанышын жасыра алмады [ішіне сыйғыза алмады]**. *Мәз болды, шаттанды.* **Қуанышыңды жер көргір**! қарғ. *«Жастай солғыр, өліп қалғыр, мүрдем кеткір» деген мағынадағы қарғыс.*

**ҚУАНЫШ-КҮЙІНІШ** зат. *Қуанышы мен күйініші екеуі де, шаттық пен күйік.*

**ҚУАНЫШ-ҚАЙҒЫ** зат. *Қуанышы мен қайғысы екеуі де, шаттық пен қасірет.*

**ҚУАНЫШ-МҰҢ** зат. *Қуанышы да, мұңы да бар, жақсылығы мен жамандығы аралас.*

**ҚУАНЫШ-РЕНІШ** зат. *Қуанышы мен реніші екеуі де, шаттық пен қаяу.*

**ҚУАНЫШ-СҮЙІНІШ** зат. *Қуанышы мен сүйініші екеуі де, шаттық.*

**ҚУАНЫШСЫЗ** сын. **1**. *Қуанышы жоқ; қайғысы көп.* **2.** ауыс. *Қуаныш сезімін бастан кешпей, қуанбай-ақ.*

**ҚУАНЫШТА=** ет. *Қуаныш ету, қуану, мәз-мәйрам болу.*

**ҚУАНЫШТАУ** *Қуаныш та етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАНЫШТЫ** сын. *Қуанышы мол; ризашылық сезімге бөленген, көңілі көтеріңкі.*

**ҚУАНЫШТЫЛЫҚ** зат. *Қуангандық, шаттыққа бөленгендік.*

**ҚУАНЫШ-ШАТТЫҚ** зат. *Қуаныш пен шаттық, көңілділік, шат-шадыман сезім.*

**ҚУАҢ** сын. **1**. *Шөл-шөлейтті, ылғалы тапшы (жер, дала). // Қу медиен, құла дүз, ен дала.* **2.** *Жауын-шашынсыз, құрғақ (жыл, мезгіл).* **3.** ауыс. *Өңі қашқан, бозарған, құқыл тартқан (жүз, өң).*

**Қуаң жер өсімдіктері.** өс. <грек. xeros – құрғақ, phyton – өсімдік> *Нақтылы бір өңірде топырақ пен ауаның ұзақ уақыт құрғақшылығында өніп-өсуге бейімделген өсімдіктер.* **Қуаң тартты.** а) *Жауын-шашын болмай, жер беті сарғайып кетті; ылғал жетіспеді.* ә) *Өңі құқылданды, түсі қашты.*

**ҚУАҢДА=** ет. сөйл. **1**. *Ылғалсыздықтан сарғайып, қурау.* **2.** ауыс. *Өңі қашу, бозару.*

**ҚУАҢДАН=** ет. **1**. *Жауын-шашын болмай құрғау, қурау; сарғаю.* **2**. ауыс. *Өңі құқыл тарту, бозару.*

**ҚУАҢДАНДЫР=** ет. *Өңін құқыл тарттыру, бозарттыру.*

**ҚУАҢДАНДЫРУ** *Қуаңдандыр етістігінің қимыл атауы; қурау, құрғау.*

**ҚУАҢДАНУ** *Қуаңдан етістігінің қимыл атауы; қурау, құрғау.*

**ҚУАҢДАУ** сын. **1.** *Жауын-шашыны аздау, құрғақтау.* **2.** ауыс. *Жүзі құқылдау, бозарыңқы.*

**ҚУАҢДӘРІ** зат. өс. <лат. ononis> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық кейде бір жылдық бұталы өсімдік.*

**ҚУАҢДЫҚ** зат. **1**. *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.* **2.** ауыс.. *Құқыл тартқандық, өңі қашқандық.*

**ҚУАҢҚЫ** сын. *Құқыл тартқан, қуаң.*

**Қуаңқы тартты**. *Қуаң тартты, құқылданды.*

**ҚУАҢШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.* **2.** *Жауын-шашынсыз, жоғары ауа температурасының ұзақ сақталу кезеңі.*

**Қуаңшылық аймақ.** сушар. *Жауын-шашын мөлшері топырақтан буланып ұшатын ылғал мөлшерінен әлдеқайда аз аймақ.* **Қуаңшылық индексі**. *Климаттың қуаңшылық дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш.* **Қуаңшылық кезеңі**. *Жауын-шашынның ұзақ уақыт болмауына, жерасты суының тым тереңде жатуына және күннің өте ыстық болуына байланысты топырақтағы ылғалдың кеуіп, өсімдіктердің қурап кететін кезең.* **Қуаңшылыққа төзімділік**. *Өсімдік мүшелері, ұлпалары және жасушаларының судың кемуіне, өте ыстыққа төзімділік қабілеті.* **Қуаңшылыққа ұшырады [ұрынды]**. *Құрғақшылыққа тап келді.*

**ҚУАР=** ет. **1**. *Қурау, сарғаю, солу.* **2.** *Күнге қую, құрғау.* **3**. ауыс. *Өңі қашу, түсі бұзылу, бозару, құқылдану.* **4**. ауыс. *Бала-шағасынан айырылып, жалғыз басы қалу.* **5**. ауыс. *Иесіз, бос қалу, қаңырау.*

**ҚУАРҒАН** сын. **1.** *Қурап қалған, солғын.* **2.** ауыс. *Өңі қашқан, құқылданған, бозарған.* **3.** жерг. *Құрыған, сорлаған.*

**ҚУАРҒЫР=** ет. қарғ. *Қуарып қалғыр, құрығыр!*

**ҚУАРЛА=** ет. *Бір нәрсені қазу, қазбалау; тақымдау.*

**ҚУАРЛАУ** *Қуарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАРТ=** ет. **1.** *Құрғату, қурату, сарғайту.* **2.** ауыс. *Сорлату, сорын қайнату.* **3.** *Құрту, жоқ қылу.*

**ҚУАРТУ** *Қуарт етістігінің қимыл атауы; құрғату, қурату.*

**ҚУАРУ** *Қуар етістігінің қимыл атауы; қурау, құрғау, сарғаю.*

**ҚУАРЫҢҚЫ** сын. **1**. *Аздап құрай бастаған, қуаң тартқан.* **2.** ауыс. *Құқыл тартқан, бозарған, сұрланған.*

**ҚУАРЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Аздап қуару, қуара түсу, қуаң тарту.* **2.** ауыс.. *Құқыл тартыңқырау, бозарыңқырау.*

**ҚУАРЫҢҚЫРАУ** *Қуарыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАРЫС=** ет. *Өңі қашысу, түсі бозарысу.*

**ҚУАРЫСУ** *Қуарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАТ**[1] [ар. قوة] зат. **1**. *Күш, қайрат, әл, дәрмен.* **2.** *Күнделікті ішетін тамақтан алынатын, адам мен жан-жануарлардың тіршілігіне қажетті нәр; калория.* **3**. физ. *Нақты уақыт бірлігі ішінде істелінген жұмыстың сол уақытқа қатынасымен өлшенетін физикалық шама, энергия.* **4.** әск. *Өндірілген энергия эквивалентімен сипатталатын ядролық жарылыстың күші.* **5**. экон. *Өндіргіш күш, пәрмен, қарқын.* **6**. ауыс.. *Медеу, тірек, сүйеніш.* **7.** ауыс. *Ықпал, әсер.*

**Қуат алды.** а) *Қоректенді, нәрленді.* ә) *Қуатталды, рухтанды.* б) *Қуаттанды, әл жиды, күші қалпына келді.* **Қуат берді**. а) *Әлдендірді, күш қосты.* ә) *Қайраттандырды, жігерлендірді.* **Қуат берді.** *Демеу көрсетті.* **Қуат биледі.** *Шабыттанды, қуаттанды.* **Қуат болды.** *Медеу тұтты, сүйеніш етті; күш берді, жігерлендірді.* **Қуат дарыды.** *Күш пайда болды.* **Қуат енді.** *Қуаттанды, әл жиды.* **Қуат етті [қылды]**. *Көңіліне демеу тұтты, дәтке қуат етті.* **Қуат кетті.** *Әлсіреді, күші кеміді.* **Қуат көрді [тұтты]**. *Сүйеніш санады, медет тұтты, демеу көрді.* **Қуаты артты.** *Шама-шарқы өсті, күшейді.* **Қуаты қайтты.** *Әлі кетті, күші азайды.* **Қуаты қашты.** *Күші қайтты, әлсіреді.* **Қуатын көбейту.** *Күшейту, әлдендіру.* **Қуаты оттай бұрқырады.** бейн. *Қуаты тасыды, жігері қайнады.*

**ҚУАТ-БІТІМ** зат. *Адамның қайратты тұлғасы, күшті дене бітімі.*

**ҚУАТ-ЖІГЕР** зат. *Қажыр-қайрат, күш-қуат.*

**ҚУАТ-КҮШ** зат. **1**. *Әл-қуат, күш-қайрат.* **2**. физ. *Физикалық күш, энергия.* **3**. ауыс. *Мүмкіндік, шама.*

**ҚУАТКҮШЕЙТКІШ** зат. физ. *Тұтынушы тізбекке алдын ала белгіленген шамада қуат беретін күшейткіш.*

**ҚУАТ-ҚҰДІРЕТ** зат. *Керемет күш, ғажайып қасиет.*

**ҚУАТСЫЗ** сын. **1.** *Күш-қайраты аз, әлсіз. // Әлсіз, күшсіз, жәрдемсіз адам.* **2.** *Қауқары жоқ, нәрі аз.*

**ҚУАТСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Күшсіздік, әлсіздік.* **2.** *Қауқарсыздық, нәрсіздік.*

**ҚУАТТА=** ет. *Біреудің сөзін растау, пікірін қолдау, ойын мақұлдау.*

**ҚУАТТАЛ=** ет. *Бір ауыздан мақұлдану, қоштау; расталу.*

**ҚУАТТАЛУ** *Қуаттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАТТАН=** ет. **1.** *Әлдену, қуат алу, күш жию; дилану.* **2.** *Жігерлену, қайраттану.*

**ҚУАТТАНДЫР=** ет. **1.** *Күш беру, әлдендіру.* **2.** ауыс. *Жігерлендіру, қажырландыру, қайраттандыру.*

**ҚУАТТАНДЫРУ** *Қуаттандыр етістігінің қимыл атауы; жігерлендіру.*

**ҚУАТТАНУ** *Қуаттан етістігінің қимыл атауы; күшею, бекіну, әлдену.*

**ҚУАТТАС=** ет. *Пікірін қолдау, мақұлдасу.*

**ҚУАТТАСУ** *Қуаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУАТТАУ** *Қуатта етістігінің қимыл атауы; біреудің айтқан сөзін, ұсынысын қолдау.*

**ҚУАТТАУШЫ** зат. *Бір нәрсені қолдаған, мақұлдаған адам; қостаушы, жақтаушы.*

**ҚУАТТЫ** сын. **1**. *Қарулы, қауқарлы, әлді, қайратты (адам).* **2.** *Күшті, мықты, қуаты мол.* **3.** *Калориясы мол; майлы, жұғымды.* **4.** физ. *Энергиясы жоғары, әлеуетті.* **5.** экон. *Экономикалық жағынан күшті дамыған, өндіргіш күші мол, мықты (ел).* **6.** *Ауыр жұмыс атқаратын, күшті, мүмкіндігі мол (техника, аспап, жабдық т.б.).* **7.** *Қарқынды, пәрменді.* **8.** *Ауқатты, дәулетті, бай (адам).*

**Қуатты ма?** *Аман-есен бе, сау-саламат жүр ме?*

**ҚУАТТЫЛАУ** сын. *Күштірек, әлдірек.*

**ҚУАТТЫЛЫҚ** зат. **1**. *Қайраттылық, әлділік, қауқарлылық.* **2**. *Күштілік, мықтылық.* **3**. *Калориясының көптігі, нәрлілік, майлылық.* **4.** физ. *Энергиясының молдығы.* **5.** экон. *Экономикалық жағынан күшті дамығандық, өндіргіш күші молдық.* **6.** *Қарқындылық, пәрменділік.*

**ҚУАТТЫРАҚ** сын. **1.** *Қауқарлырақ, әлдірек.* **2.** *Күштірек, мықтырақ.* **3.** *Калориясы молдау, нәрлірек.*

**ҚУАШТА=** ет. жерг. *Апшысын қуыру, мазасын кетіру.*

**ҚУАШТАУ** *Қуашта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУБҰЙЫРҒЫН** зат. өс. <лат. anabasis turgaica> *Итсигек туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚУҒЫЗ=** ет. **1.** *Қашқан нәрсенің соңынан жүгірту.* **2.** ауыс. *Бір жерден кетіру, қудыру.*

**ҚУҒЫЗУ** *Қуғыз етістігінің қимыл атауы; кетіру, қудыру.*

**ҚУҒЫЛЫҚ** зат. *Қуғын, қудалаушылық.*

**ҚУҒЫН** зат. **1**. *Қуып келе жатқан адам (топ).* **2.** *Қуушылық, қуу әрекеті; біреуді қуғандық.* **3.** ауыс. *Біреудің соңына түсушілік, қудалаушылық.*

**Қуғынға салды**. *Қудалады, соңына түсті.* **Қуғынға түсті [ұшырады]**. *Қудаланды, қуғын көрді.* **Қуғынға ұшыратты.** *Қудалады, соңына түсті.* **Қуғында болды**. *Қуғында жүрді, қуғын көрді.* **Қуғында жүрді.** *Қудаланды, қашып-пысып күн көрді.* **Қуғын көрді.** *Қудаланды, қуғынға түсті, қуғындалды.* **Қуғын салды**. а) *Соңынан қуғын жіберді, қуды.* ә) *Қудалады, соңына түсті.*

**ҚУҒЫНДА=** ет. **1**. *Қуғын салу, қуу.* **2**. ауыс.. *Саясатқа көз-қарасы, ісі қарсы деп тапқан тұлғаларды мемлекет тарапынан басқа жаққа кетуіне мәжбір ету; соңына түсу, қудалау.*

**ҚУҒЫНДАЛ=** ет. *Саясатқа көзқарасы, ісі қарсы деп тапқан тұлғалардың мемлекет тарапынан басқа жаққа қудалануы, қуылуы.*

**ҚУҒЫНДАЛУ** *Қуғындал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУҒЫНДАТ=** ет. *Қудалату, соңына түсірту.*

**ҚУҒЫНДАТУ** *Қуғындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУҒЫНДАУ** *Қуғында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУҒЫНДАУШЫЛЫҚ** зат. *Қудалау-шылық, соңына түсушілік.*

**ҚУҒЫН-СҮРГІН** зат. **1.** *Қудалау, қуғындаушылық, қыспағы көп сергелдең.* **2.** саяси қоғ. <лат. repressio> *Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін жазалау шаралары (түрмеге жабу, жер аудару, ату жазасы т.б.).*

**Қуғын-сүргінге салды**. *Қудалады, қуды; апшысын қуырды.* **Қуғын-сүргінге түсті [ұшырады].** *Қуғын көрді, қудаланды.* **Қуғын-сүргінде жүрді.** *Айдауда болды, қуғындалды.* **Қуғын-сүргін көрді.** *Қуғындалды, қудалауға түсті.*

**ҚУҒЫНШЫ** зат. **1.** *Қуып келе жатқан адам; ізге түсуші, қуушы.* **2.** этн. *Қызды алып қашқанын хабаршылардан білгеннен кейін қыз жағынан жіберілетін адам.*

**ҚУҒЫНШЫЛЫҚ** зат. *Біреуді қуушылық; соңына түсушілік, қудалаушылық.*

**ҚУҒЫШ** сын. *Қуатын, қууға бейім.*

**ҚУҒЫШТА=** ет. **1.** *Қайта-қайта қуу, қуа беру.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге ынта қою, соңына түсу.*

**ҚУҒЫШТАУ** сын. *Бір нәрсенің соңына түскіш, бейімдеу.*

**ҚУДАЙ[1]** сын. **1.** *Қу сияқты, қу тәрізді.* **2.** *Қу құсындай әдемі, көркем, сымбатты.*

**Қудай иілген**. *Аққудың иілген ұзын мойнындай, сұңғақ.*

**ҚУДАЙ[2]** сын. *Ақ, аппақ.*

**ҚУДАЛА=** ет. **1.** *Біреудің артына түсу, қыр соңынан қалмау, қуғындау.* **2**. *Бір жаққа қарай қуу, қуалау.* **3**. ауыс. *Қазу, қазбалау, егжей-тегжейін қалдырмай сұрау, қыспаққа алу.*

**ҚУДАЛАН=** ет. *Қуғындалу, қуылу.*

**ҚУДАЛАНУ** *Қудалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУДАЛАС=** ет. *Қуғындасу, қуысу.*

**ҚУДАЛАСУ** *Қудалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУДАЛАТ=** ет. *Біреудің соңынан түсірту, қуғындату.*

**ҚУДАЛАТУ** *Қудалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУДАЛАУ[1]** зат. *Қуғын, қуғындаушылық.*

**ҚУДАЛАУ[2]** *Қудала етістігінің қимыл атауы.*

**Қудалауға ұшырады.** *Қуғынға түсті, қудаланды.*

**ҚУДАЛАУШЫ** зат. **1.** *Біреудің қыр соңынан қалмаушы, ізіне түсуші адам.* **2.** *Қолға түсіру үшін соңынан ілесіп қуушы.*

**ҚУДАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Соңына түсушілік, ізін аңдушылық.*

**ҚУДЫР=** ет. **1.** *Қашқан нәрсеге жету үшін соңынан жүгірткізу.* **2.** ауыс. *Бір жерден кеткізу, аластатқызу, бездіру.*

**ҚУДЫРА=** ет. *Әбден қурау, кеуіп кету.*

**ҚУДЫРАҢДА=** ет. *Құлдыраңдау, құтыңдау.*

**ҚУДЫРЛА=** ет. *Қудыр-қудыр ету, қаудырлау.*

**ҚУДЫРЛАҚ** сын. *Қаудырлаған, қураған.*

**ҚУДЫРЛАУ** *Қудырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУДЫРТ=** ет. *Аластаттыру, бездірту.*

**ҚУДЫРТУ** *Қудырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУДЫРУ** *Қудыр етістігінің қимыл атауы; бір жерден аластатқызу, бездіру.*

**ҚУЖАҚ** сын. *Құтың қаққан, жылмаңдаған.*

**ҚУЖАҢДА=** ет. сөйл. ***Қужыңда.***

**ҚУЖАУЛА=** ет. сөйл. ***Қузаула.***

**ҚУЖАУЛАУ** *Қужаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЖАУЫРЫН** зат. *Жылқыда жөнсіз мiністен болатын аурудың түрі.*

**ҚУЖЫҢДА=** ет. *Құтың қағу, қунақылану; қужаңдау.*

**ҚУЖЫҢДАС=** ет. *Құжаңдасу, құтыңдасу.*

**ҚУЖЫҢДАСУ** *Қужыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЖЫҢДАУ** *Қужыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЖЫҢ-ҚУЖЫҢ**: **қужың-қужың етті.** *Қужыңдады, құтың қақты.*

**ҚУЗА=** ет. **1.** *Бір нәрсені, отты қозғау, ысыру.* **2.** ауыс.. *Бір нәрсені қаузау, мәселе көтеру.* **3.** *Малды жеделдете бастыру, көлікті ылдым-жылдым жүргізу; тездету.* **4.** ауыс. *Тынышын алу, мазасын кетіру.* **5.** ауыс. *Кәріне (қырына) алу, өшігу, өштесу.*

**ҚУЗАЛ=** ет. *Сөз болу, қозғалу.*

**ҚУЗАЛА=** ет. *Қазбалап айту, мазасын кетіру.*

**ҚУЗАЛАУ** *Қузала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЗАЛУ** *Қузал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЗАҢҚЫРА=** ет. *Аздап қузау, қузай түсу.*

**ҚУЗАҢҚЫРАУ** *Қузаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЗАУ** *Қуза етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені қозғау, қаузау.* **2.** ауыс. *Мәселе көтеру, қозғау салу.*

**ҚУЗАУЛА=** ет. сөйл. ***Қуза.***

**ҚУЗАУЛАУ** *Қузаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУ-ҚУАЛЛА** зат. діни. сөйл. ***Құлқуалла.***

**ҚУҚҰМАЛАҚ** зат. *Уақ малда болатын аурудың бір түрі.*

**ҚУҚЫЛ** сын. **1.** *Қан-сөл жоқ, бозарған.* **2.** *Боз, бозғылт.*

**Қуқыл жүзді [өңді].** *Жүзі қуқыл тартқан.*

**ҚУҚЫЛДАН=** ет. *Өңі бозару, түсі бұзылу, сұрлану.*

**ҚУҚЫЛДАНУ** *Қуқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУҚЫЛДАУ** сын. *Аздап бозарған, сұрқай.*

**ҚУҚЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Бозарғандық, сұрланушылық.* **2.** *Бозғылттық, сұрқайлық.*

**ҚУЛА=** ет. сөйл. **1.** *Бір нәрсенің бойын бойлау, жағалау; қуалау.* **2.** *Кеулеу, ұңғу.*

**ҚУЛАН=** ет. *Қуақылану, айлакерлену.*

**ҚУЛАНҒЫШ** сын. *Қулана беретін, қулануды ұнататын.*

**ҚУЛАНДЫР=** ет. *Қуақыландыру, ойнақы қылдыру.*

**ҚУЛАНДЫРУ** *Қуландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЛАНУ** *Қулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЛАУ[1]** сын. *Аздаған қулығы бар, айлакерлеу.*

**ҚУЛАУ[2]** *Қула етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені бойлау, қуалау.*

**ҚУЛЛА** ар. зат. ескі кіт. *Қазіргі есеппен шамамен 204 кг-ға тең орта ғасырлардағы су сақтайтын үлкен құмыра.*

**ҚУЛЫҚ[1]** зат. **1.** *Алдамшы іс-әрекет.* **2.** *Амал, айла, тәсіл.* **3.** жағымсыз. *Залымдық, зұлымдық, айлакерлік; арамдық.*

**Қулығы көген басынан аспады.** *Қулығы алысқа бармады; тез әшкере болды.* **Қулығына құрық [найза] бойламас [бойламайды].** *Нағыз ала аяқ, қу, сұм.* **Қулығына қылап болды.** *Әдеттенді, қуланып алды.* **Қулығын [қулық] асырды [жалғады, өткізді].** *Айласын асырды, алдады, айлакерлік істеді.* **Қулық жасады.** *Амалдады, алдады.* **Қулық жинады.** *Арамдық ойлады.* **Қулыққа барды [салды]**. *Қулық істеді, амалдады.* **Қулыққа басты.** *Айлакерлік істеуге көшті, алдады, қулық ойлады.* **Қулыққа көшті.** *Қулық жасады, айла істеуге кірісті.* **Қулыққа түсті.** *Алдау-арбауға ілікті, алданып қалды.* **Қулық қуалады.** *Қулықпен айналысты, айламен күн көрді.* **Қулық қылды [істеді]**. *Алдамшы әрекет жасады, айласын асырды.* **Қулық сақтады**. *Арамдық ойлады, айла жасады.* **Қулық сауды.** *Үнемі арамдықпен күн көрді, біреуді алдап-арбады.*

**ҚУЛЫҚ[2]** зат. *Алғаш құлындаған байтал.*

**Қулық бие.** *Бірінші рет құлындаған байтал; жас бие.* **Қулық құлындады.** *Бірінші рет құлындады.* **Қулықтың құлынындай.** *Сүйкімді, тартымды.*

**ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҚ** зат. **1.** *Амал-айла, айла-шарғы.* **2.** *Алдау-арбау, айлакерлік.* **3.** *Залымдық, арамдық, қаныпезерлік.*

**Қулық-сұмдығы жоқ [қулық-сұмдықты білмейтін].** *Ақпейіл, адал; жаны таза.*

**ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҚСЫЗ** сын. *Амал-айласыз; қулығы жоқ.*

**ҚУЛЫҚСЫЗ** сын. *Амал-айласыз; ешқандай қулығы жоқ.*

**ҚУЛЫҚТЫ** сын. *Қулығы бар.*

**ҚУЛЫҚШЫ** зат. сөйл. *Қу, айлакер, алдамшы, қулықшыл адам.*

**ҚУЛЫҚШЫЛ** сын. *Қу, айлакер, тәсілқой, алдамшы.*

**ҚУЛЫҚШЫЛДАУ** сын. *Аздап қулықшыл, қулау, айлакерлеу.*

**ҚУМА**[1] зат. кен. *Кен түсіруге арналған тік немесе еңіс орналасқан қысқа қазба.*

**ҚУМА**[2] сын. **1.** *Бірден-бірге* ауыс. *атын, бір-біріне жалғас.* **2.** *Бірінен кейін біріне кіретін, бір-біріне жалғас салынған.*

**Қума жел.** *Кенеттен болатын алай-дүлей жел; қуалай соғатын жел, құйын.* **Қума құдалық.** *Үш-төрт адамның бір-біріне бір кезде қыз беріп, қыз алатын құдалығы.*

**ҚУМАДАН** зат. *Қам кірпішті өртеп, қыш жасайтын пеш.*

**ҚУМАЛА=** ет. **1.** *Қуа беру, қуалау.* **2.** ауыс. *Қазбалау, қаузау.*

**ҚУМАЛАУ** *Қумала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУМАТОЛҚЫН** зат. физ. **1.** *Бірінің артынан бірі келетін, бағыты бірдей толқын.* **2.** физ. *Желі бойымен жүктемеге қарай энергия тасымалдайтын толқын.*

**ҚУМҮЙІЗ** сын. **1.** *Көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, төселген, әккі болған (адам).* **2.** *Әкімшіл, мансапқор, қу.*

**ҚУНА=** ет. **1.** *Демалу, тынығу.* **2.** *Тыңаю, ширау, қуаттану, бойы сергу; жеңілдену.* **3.** ауыс. *Құлпыру, жайнау, жадырау, өңі кіру.*

**ҚУНАҚ** сын. *Қунақы, тың, ширақ.*

**ҚУНАҚТЫ** сын. сөйл. ***Қунақы.***

**ҚУНАҚТЫҚ** зат. *Ширақтық, тыңайғандық.*

**ҚУНАҚТЫЛАУ** сын. сөйл. ***Қунақылау.***

**ҚУНАҚЫ** сын. *Ширақ, тың, пысық; сергек.*

**ҚУНАҚЫЛАН=** ет. *Ширау, пысу, қатаю.*

**ҚУНАҚЫЛАНУ** *Қунақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУНАҚЫЛАУ** сын. *Ширақтау, тыңдау, пысықтау.*

**ҚУНАҚЫЛЫҚ** зат. *Ширақтық, сергектік; пысықтық.*

**ҚУНАҢ**: **қунаң қақты.** *Секең қақты, ойнақ салды.*

**ҚУНАҢДА=** ет. *Ойнақ салу, секеңдеу.*

**ҚУНАҢДАУ** *Қунаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУНАҢ-ҚУНАҢ** елік. *Ойнақшыған, секеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

**ҚУНАС=** ет. *Тыңайысу, бірге сергу, ширау.*

**ҚУНАСУ** *Қунас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУНАТ=** ет. **1.** *Демалдырту, тынықтыру.* **2.** *Бой сергіту, тыңайту.*

**ҚУНАТУ** *Қунат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУНАУ** *Қуна етістігінің қимыл атауы; тыңаю, ширау, қуаттану.*

**ҚУРА=** ет. **1.** *Ылғал мен күн сәулесі жетіспеу салдарынан өсімдіктердің өспей қалуы, тіршілігін тоқтатуы; солу, сарғаю.* **2.** *Бір нәрсенің күнге (отқа) қақталып, қатты кеуіп кетуі; құрғау, қаудырлау.* **3.** ауыс.. *Құру, жоқ болу; солу.*

**Құрап қалсын [кетсін]!** қарғ. *Қараң қалсын, құрысын!* **Құрап отыр.** *Түгі жоқ, жетіспейді.*

**ҚУРАҒАН** сын. **1.** *Құрап қалған.* **2.** ауыс. *Соры қайнаған, сорлаған.*

**ҚУРАЙ**[1] зат. бот. *Биік болып өсетін шөп тектес ірірек өсімдіктердің жалпы атауы және олардың мал жемейтін қатты сабағы.*

**Құрай басын сындырмады [сындырған емес].** *Түк істемеді, еңбек етпеді.* **Құрай кеуде.** *Бос, қуыс кеуде.*

**ҚУРАЙ**[2] зат. муз. *Көне үрмелі музыкалық аспап.*

**ҚУРАЙДАЙ** сын. *Жіп-жіңішке, ұп-ұзын.*

**ҚУРАЙЖУСАН** зат. өс. <лат. artemisia scoparia> *Жусан туысына жататын биіктігі 30–70 см, тамыры жіңішке, тік келген бір не екі жылдық шала бұта.*

**ҚУРАЙЛАН=** ет. *Шөп тектес өсімдіктер сабағының ірілeніп, қатайып кетуі.*

**ҚУРАЙЛАНУ** *Құрайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУРАЙЛЫ** сын. *Құрай өскен, құрайы бар.*

**ҚУРАЙЛЫҚ** сын. *Құрай боларлық, құрайға тұрарлық.*

**ҚУРАЙ-СУРАЙ** зат. *Құрай және тағы басқа сол сияқты шөптер.*

**ҚУРАЙША** үст. *Құрай тәрізді, құрай құсап.*

**ҚУРАЙШЫ** зат. *Құрай аталынатын музыкалық аспапта ойнаушы адам.*

**ҚУРАЙЫШ** зат. *Түрікмен халқының ұлттық бас киімі, қой терісінен істелген сеңсең бөрік.*

**ҚУРАҚ** сын. *Кеуіп кеткен, құраған; құрғақ.*

**ҚУРАҢҚЫРА=** ет. *Аздап құрау, құрай түсу.*

**ҚУРАҢҚЫРАУ** *Құраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУРАТ=** ет. **1.** *Құрғату, солдыру, қатты келтіру.* **2.** ауыс. *Сорлату, сорын қайнату; құрту.*

**ҚУРАТУ** *Құрат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУРАУ** *Құра етістігінің қимыл атауы; солу, кебу.*

**ҚУСА: қусаған түйе.** жерг. *Бақырауық түйе.*

**ҚУСАҚ**[1] зат. *Тұмса бұзаулаған сиыр.*

**ҚУСАҚ**[2] зат. жерг. *Шөптің бір түрі.*

**ҚУСАҚТАЙ** сын. *Құсақ сияқты.*

**ҚУСАҢ** сын. жерг. *Әккі, қу.*

**ҚУСЫН=** ет. *Қу болғансу, өзін-өзі қу санау.*

**ҚУСЫНУ** *Құсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫР=** ет. **1.** *Екі нәрсені айқастыра қосу, біріктіру; бір-біріне қаусыру.* **2.** *Екі қолды қаусырып, біріне-бірін білектен орау, айқастыру.* **3** ауыс.. *Белгілі бір қашықтықты түгесу, қысқарту, қамту.* **4.** *Жан-жақтан қысу, ығыстыру, тықсыру.* **5.** ауыс. *Белгілі бір жас мөлшеріне таяну, жақындау; алқымдау.* **6.** ауыс. *Зәресін алу, қорқыту; ап шысын қуыру.*

**ҚУСЫРМА** сын. *Құсырылған, құсырылып келген.*

**ҚУСЫРМАЛА=** ет. *Екі жақтан қысу, құрсаулау.*

**ҚУСЫРМАЛАТ=** ет. *Қысқылап құрсаулату.*

**ҚУСЫРМАЛАТУ** *Құсырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРМАЛАУ** *Құсырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРТ=** ет. *Айқастырту, қаусырту.*

**ҚУСЫРТУ** *Құсырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРУ** *Құсыр етістігінің қимыл атауы; айқастыра қосу, біріктіру.*

**ҚУСЫРЫЛ=** ет. *Ығыстырылу, тықсырылу, қысылу.*

**ҚУСЫРЫЛУ** *Құсырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРЫН=** ет. *Айқастыра қосу, қаусыру.*

**ҚУСЫРЫНДЫ** зат. *Былғары мата сияқты бұйымның құсырылған шеті.*

**ҚУСЫРЫНУ** *Құсырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРЫҢҚЫ** сын. *Аздап құсырылған, қысыңқы.*

**ҚУСЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап құсыру, құсыра түсу.*

**ҚУСЫРЫҢҚЫРАУ** *Құсырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУСЫРЫС=** ет. *Қысысу, біріктірісу.*

**ҚУСЫРЫСУ** *Құсырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУТАБАН** сын. *Ел кезгіш, көп жүретін, қыдырымпаз (адам).*

**ҚУТАҚЫМ** сын. **1.** *Мінер атқа жарымайтын (адам).* **2.** ауыс. *Әркіммен тартысып-таласып жүретін сұм.* **3.** ауыс. *Әйелге жарымайтын (еркек).*

**ҚУТАҢ** сын. сөйл. ***Құтың.***

**ҚУТОЛАҒАЙ** үст. жерг. *Мүлде, тым.*

**ҚУТҰМСЫҚ** зат. зоол. <лат. cygnopsis cygnoides> *Арқасы мен бүйірі ақшыл көлденең жолақты, қоңыр-сұр, бауыры ақшыл, мойны ұзын әрі жіңішке қаз тәрізділер отрядының үйректер тұқымдасына жататын қаз.*

**ҚУТҰЯҚ**[1] зат. *Тұяқтың сырты қабыршықтанып, жарылып, айналасы білеуленіп ісіп кететін жылқы ауруы.*

**ҚУТҰЯҚ**[2] сын. **1.** *Қайырымсыз, рақымсыз, сұмырай.* **2.** *Қу, сұм, сұмпайы.*

**ҚУТҮЛЕК** зат. саят. *Кейде жана деп те аталатын сегіз жасар бүркіт.*

**ҚУТЫҢ** елік. *Қуланған адамның қимылындағы, сырт пішініндегі өзгерісті бейнелейтін сөз.*

**Қутың қақты.** *Құлана күлімдеді, қу нәпсімен телмеңдей жымиды, құланды.*

**ҚУТЫҢДА=** ет. **1.** *Құтың қағу, құлану; ойнақылану.* **2.** *Құлдыраңдау, бұлтаңдау; жортақтау, секектеу.*

**ҚУТЫҢДАС=** ет. *Құланып, құтың қағысу.*

**ҚУТЫҢДАСУ** *Құтыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУТЫҢДАТ=** ет. *Құтың-құтың ету, бұлтаңдату.*

**ҚУТЫҢДАТУ** *Құтыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУТЫҢДАУ** *Құтыңда етістігінің қимыл атауы; құтың қағу, құлану.*

**ҚУТЫҢ-ҚУТЫҢ** елік. *Қайта-қайта құтыңдаған кейіпті, бүкең қаққан, жортақтаған қимылды білдіретін сөз.*

**Қутың-қутың етті.** *Құтыңдады, құланды.*

**ҚУТІЛДІ** сын. *Күлдіргі, сөзге жүйрік, сықақшыл, әзілқой.*

**ҚУУ** *Қу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жету үшін соңына түсу, жүгіру.* **2.** ауыс. *Бір жерден кетіру, бездіру, аластау.* **3.** ауыс. *Бір нәрсеге ынта қою, соңына түсіп іздену.*

**ҚУУШЫ** зат. **1.** *Бір нәрсені қуған адам, қуғыншы.* **2.** ауыс.. *Қуынушы, соңына түскен адам.*

**ҚУШИ=** ет. **1.** *Ішке қарай тартылыңқы болу; бүрісу, бүгілу.* **2.** *Азаю, кішірею, тарылу.* **3.** ауыс.. *Жарымау, қытымырлану.*

**ҚУШИТ=** ет. *Бүрістіру, бүктіру.*

**ҚУШИТУ** *Құшит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУШИЫҢҚЫ** сын. *Құшиған, бүріскен.*

**ҚУШИЮ** *Құши етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУШЫКЕШ** сын. *Қу, айлакер, күлдіргі.*

**ҚУШЫКЕШТЕН=** ет. *Құлану, әзіл айту.*

**ҚУШЫКЕШТЕНУ** *Құшыкештен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУШЫКЕШТЕУ** сын. *Аздап сайқы-мазақтау, күлдіргі.*

**ҚУШЫКЕШТІК** зат. *Құлангандық, құлық, айлакерлік.*

**ҚУШЫҚ** сын. *Құшиған, тар; бүрісіңкі.*

**Қушық бет.** *Беті құшиған, жағы сорайған.* **Қушық шеке [маңдай].** *Шекесі құшиған, тар маңдай.*

**ҚУШЫҚТАЛ=** ет. *Құсырылу, тарылу.*

**ҚУШЫҚТАЛУ** *Құшықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУШЫҚТАУ** сын. *Аздап құшиғандау, тарлау.*

**ҚУШЫҚТЫҚ** зат. *Құшиғандық, тарлық, бүрісіңкілік.*

**ҚУЫҚ** зат. **1.** анат. <лат. vesica> *Жануарлар мен адамның несеп (зәр) жиналатын ішкі мүшесі.* **2.** ауыс.. *Қабы жұқа, іші торсиған (желге толған) зат.*

**Қуығы тұтылды.** *Зәрі жүрмей қалды.* **Қуық байлану.** *Қуыққа жиналған несептің бөлініп, сыртқа шыға алмау кеселі.* **Қуық бас.** *Басы үрген қуықтай, торсиған.* **Қуық босатты.** *Зәр шығарды, кіші дәретін алды.* **Қуық майы кету.** *Ауру түрі.*

**ҚУЫҚАСТЫ: қуықасты безі.** анат. *Ішкі аталық жыныс мүшелеріне жататын аталық бездердің бірі.*

**ҚУЫҚТАЙ** сын. *Аядай, тар, құшиған.*

**ҚУЫҚТАС** зат. *Бөсір тас (мал ауруы).*

**ҚУЫҚША** үст. *Қуық тәрізді, қуық құсап.*

**ҚУЫЛ=** ет. *Қуғындалу, аластатылу.*

**ҚУЫЛУ** *Қуыл етістігінің қимыл атауы; қуғындалу, аластатылу.*

**ҚУЫМПАЗ** сын. *Бір нәрсені қуа беретін, қуғанды жақсы көретін.*

**ҚУЫМПАЗДЫҚ** зат. *Қуа бергіштік, қуғанды ұнатушылық.*

**ҚУЫН=** ет. *Соңына жету, бір нәрсенің анық-қанығына жету.*

**ҚУЫНДЫ** сын. *Ары-бері қуылған, тыным көрмеген.*

**ҚУЫНУ** *Қуын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫНЫМ**: **қуыным жасау.** *Қайтадан іс қозғау, шағымданып тергеуге бару.*

**ҚУЫҢҚЫРА=** ет. *Қуа түсу.*

**ҚУЫҢҚЫРАУ** *Қуыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫР=** ет. **1.** *Ет, көкөніс т.с.с. маймен қыздырылған ыдысқа салып, араластыра отырып су қоспай пісіру.* **2.** *Қышқыл немесе ашқылтым заттың ауызды, тілді, асқазанды тызылдатып ашытуы; жайсыз әсер етуі.* **3.** ауыс. *Күннің қатты қыздыруы; күйдіру.* **4.** ауыс.. *Суық ұрып, аяз қару.* **5.** ауыс. *Екі аяғын бір етікке тығу, жанын шығару.*

**Қуырып жеді.** *Жанын шығарды; қыспаққа алды.*

**ҚУЫРҒЫШ** зат. *Қазан ішіндегі пісіп жатқан тағамды араластырғыш.*

**ҚУЫРДАҚ** зат. тамақ. **1.** *Етті кейде картоп қосып, майға қуырып пісірілетін тағам.* **2.** *Өкпе-бауыр, ішек-қарынды турап, майға қуырып пісірілетін тағам.*

**Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда [сойған соң] көрерсің.** *Бұл, бұл ма, мұның зоры алда деген мағынада.*

**ҚУЫРДАҚ[2]** зат. *Арам шөптің бір түрі.*

**Қуырдақ жапырақ.** өс. жерг. *Қарақошқыл дөңгелек жапырақты өсімдік.*

**ҚУЫРДАҚТАЙ** сын. *Қуырдақ сияқты, қуырдақ тәрізді.*

**Қуырдақтай қуырды.** а) *Қатты шыжғырды, күйдірді.* ә) *Екі аяғын бір етікке тықты, жанын көзіне көрсетті.*

**ҚУЫРДАҚТАТ=** ет. *Молынан қуырдақ қуыру.*

**ҚУЫРДАҚТАТУ** *Қуырдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫРДАҚТЫ** сын. *Қуырдақ пісірілген, қуырдағы бар.*

**ҚУЫРДАҚТЫҚ** сын. *Қуырдаққа жарарлық; қуырдақ боларлық.*

**ҚУЫРДАҚША** үст. *Қуырдақ тәрізді, қуырдақ секілді.*

**Қуырдақша қуырды.** *Ұрсып, зекіп, берекесін алды, есін шығарды; қатты қысты.*

**ҚУЫРДАҚШЫЛ** сын. *Қуырдақты жақсы көретін, қуырдақты ұнататын.*

**ҚУЫР-ҚУЫР**: **қуыр-қуыр қуырмаш.** *Балалардың қуырмаш ойынын ойнау кезінде айтылатын сөз.*

**ҚУЫРМА** зат. *Етті қуырып жасаған тамақ түрі.*

**ҚУЫРМАШ[1]** зат. этн. *Жас балалардың саусақтарын атымен атап бүгіп, қайтадан ашып, қытықтап ойнататын ұлттық ойын.*

**ҚУЫРМАШ[2]** зат. тамақ. *Қуырған бидай мен жүгеріден жасалған тамақ.*

**ҚУЫРТ=** ет. *Тамақты майға пісірту.*

**ҚУЫРТТЫР=** ет. *Біреуге тамақ қуырғызу.*

**ҚУЫРТТЫРУ** *Қуырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫРТУ** *Қуырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫРУ** *Қуыр етістігінің қимыл атауы; тамақты қыздырылған ыдысқа салып, араластырып, су қоспай пісіру.*

**ҚУЫРША** зат. *Түйенің үстіндегі жүкті жауып, екі ұшын алдына әкеліп түйген кілем.*

**ҚУЫРШАҚ[1]** зат. **1.** *Қыз, бойжеткен, кішкентай бала бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы.* **2.** *Осы ойыншықпен ойнайтын ойын. // Ойыншық сияқты, кіп-кішкентай.* **3.** ауыс. *Әркімнің еркінде кететін, біреудің айтқанын істейтін адам. //* саяси. <франц. marionnette> *Басқа біреудің, күштердің ырқымен жүріп, еркіне бағынатын адам, ұйым, мемлекет т.б.* **4.** *Адам бейнесіндегі мүсін.*

**Қуыршақ театры.** театр. *Қуыршақтар арқылы ойын көрсететін балалар театры.*

**ҚУЫРШАҚ[2]** зат. зоол. *Толық түрленіп дамитын насекомдардың ересек насекомға айналар аралығындағы қоректенбейтін, қозғалмайтын, тыныштық қалпы.*

**ҚУЫРШАҚПАЗ** зат. *Қуыршақ театрының әртісі, қуыршақ театрында ойнаушы адам.*

**ҚУЫРШАҚТАЙ** сын. **1.** *Кіп-кішкентай, әдемі, сүйкімді.* **2.** *Ойыншық сияқты, кіп-кішкентай, тап-түйнақтай.*

**ҚУЫРШАҚТАН=** ет. *Насеком личинкаларының қуыршаққа айналу сатысына өтуі; қоректенбейтін, қозғал-майтын күйге* ауыс.*у.*

**ҚУЫРШАҚТАНУ** *Қуыршақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫРШАҚША** үст. **1.** *Қуыршақ тәрізді, қуыршақ секілді.* **2.** *Қуыршақ құсатып.*

**ҚУЫРШАҚШЫ** зат. **1.** *Қуыршақ жасаушы шебер.* **2.** *Қуыршақ театрындағы қуыршақ ойнатушы әртіс.*

**ҚУЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қыздырылған ыдысқа салып, не майға шыланып пісірілу.* **2.** ауыс. *Күннің ыстығына қыздырылу, күйдірілу.* **3.** *Қадудырлау, солу.*

**Қуырылған мәнті.** тамақ. *Дайын шикі мәнтіні май қыздырылған шұңғыл табаға жақсылап қуырып әзірленетін мәнті тағамының түрі.*

**ҚУЫРЫЛУ** *Қуырыл етістігінің қимыл атауы; пісірілу.*

**ҚУЫРЫМ: бір қуырым.** *Бір рет қуыруға жарарлық.*

**ҚУЫС** зат. **1.** *Бір нәрсенің ішіндегі бос, ашық жер; кеуек. // Іші бос, еш нәрсемен толтырылмаған.* **2.** *Ішіне бір нәрсе қою үшін арнайы жасалған бір жағы ашық ойық.* **3.** *Жауын-шашыннан паналауға, жасырынуға болатын іші кең, жан-жағы берік, төбесі жабық жер; үңгір.* **4.** әск. *Окоп түбінде, орда немесе байланыс жолында орнатылатын, 1–2 адам демалуға, қару, оқ-дәрілер, азық-түлік, су қоюға арналған ойық.* **5.** ауыс. *Бір нәрсенің көзден таса, қалтарыс жері; бұрыш, түкпір.* **6.** ауыс. экспр. *Баспана, үй. // Мақсатсыз, мәнсіз, бос.*

**Қуыс бас.** *Ақылсыз, мисыз, топас.* **Қуыс білезік.** зерг. *Қуыс етіп құйылып жасалған білезік.* **Қуыс ине.** мед. *Укол салу үшін немесе қан алу үшін қолданылатын медициналық құралдың бір бөлшегі; шприцтің ұшы.* **Қуыс құрай.** *Еш нәрсеге шамасы келмейтін, қауқарсыз; бос, бейшара.* **Қуыс үй.** *Үй аты бар жай; үй атаулы.* **Қуыс үйден құр шықпа.** этн. *Қазақтың дәстүрі бойынша табалдырығын аттаған кез келген үйдің несібесі тарылмасын деген сеніммен дастарханынан ауыз тиіп, есігінен кәделі болып шық деген мағынада.* **Қуыс ыдыс.** *Ішіне бір нәрсе салуға боларлық ыдыс.*

**ҚУЫС=** ет. **1.** *Бір-бірін қуу, соңынан жүгірісу.* **2.** ауыс. *Бір-бірімен араздасу, бір-бірінің соңына түсу, қуғындау.*

**ҚУЫСКЕУДЕ** сын. **1.** *Қолынан еш нәрсе келмейтін, бос; дәрменсіз, жігерсіз.* **2.** *Су жүрек, қорқақ.*

**ҚУЫС-ҚОЙНАУ** зат. *Ой-шұқыры, бұлтарысы, қалтарысы көп жер.*

**ҚУЫС-ҚУЫС** сын. *Қуысы көп, бірнеше қуыс.*

**ҚУЫСҚҰЛАҚ[1]** зат. кәс. *Ағашты үңгіп шабу үшін, екі шетін ішіне қарай иілдіре жасаған шот.*

**ҚУЫСҚҰЛАҚ[2]** зат. *Ұшы қуыс, жуан біз.*

**ҚУЫСҚҰЛАҚ[3]** зат. жерг. *Екі шеті ішке қарай иіліп келген үлкен күрек.*

**ҚУЫСМҮЙІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. bovidae> *Жұп тұяқтылар отрядына жататын сүтқоректілер тұқымдасының бір тобы.*

**ҚУЫСПАҚ** зат. ойын. *Бірін-бірі қуып ойнайтын балалар ойыны.*

**ҚУЫССЫМАҚ** зат. *Қуыс тәрізді, қуысқа ұқсас жер.*

**ҚУЫСТА=** ет. **1.** *Қуыс жасау, қуыс ету.* **2.** *Шұқырлау, үңгу, үңгірлеу.*

**Қуыстап тоқу.** қолөнер. *Тоқыманың оң және теріс жағын бірдей етіп тоқу.*

**ҚУЫСТАЛ=** ет. *Қуыс жасалу, қуыс етілу.*

**ҚУЫСТАЛУ** *Қуыстал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫСТАН=** ет. **1.** *Қуыс тарту, қуыс болу.* **2.** ауыс. *Бір нәрседен сезіктену, күдіктену, секем алу.* **3.** ауыс. *Ыңғайсыздану, жайсыздану.*

**ҚУЫСТАНУ** *Қуыстан етістігінің қимыл атауы; ыңғайсыздану, жайсыздану.*

**ҚУЫСТАТ=** ет. *Қуыс еткізу, қуыс жасату.*

**ҚУЫСТАТУ** *Қуыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫСТАУ[1]** сын. *Аздап қуыс.*

**ҚУЫСТАУ[2]** *Қуыста етістігінің қимыл атауы; қуыс жасау, қуыс қылу.*

**ҚУЫСТҰМСЫҚ** зат. *Тұмсығы ойыс, қуыс келген қысқаш түрі.*

**ҚУЫСТЫ** сын. **1.** *Қуысы бар, қуыс кездесетін.* **2.** ауыс. *Күдікті, сезікті; секемшіл.*

**ҚУЫСТЫҚ** зат. *Қуыс болғандық; сезіктілік, күдіктілік.*

**ҚУЫСТЫЛЫҚ** зат. кен. *Таужыныстағы кеуектер мен жарықшақтарды қоса алғандағы барлық қуыстардың жиынтық көлемі.*

**ҚУЫСТЫР=** ет. *Жан-жақтан қуғыздыру, соңына түсіру.*

**ҚУЫСТЫРУ** *Қуыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚУЫСУ** *Қуыс етістігінің қимыл атауы; бірін-бірі қуу, соңынан жүгірісу.*

**ҚУЫСШЫЛ** сын. *Секемшіл, күдікшіл.*

**ҚҰБА** сын. *Ақшыл сары, бозғылдау, сұрқай (түс).*

**Құба бел.** *Біркелкі, орташа, ұзын-ырға дөңес, қырқа, жал.* **Құба дала.** *Куқыл тартып, бос жатқан, қуарған кең де жазық жер.* **Құба жон [бел, қыр].** *Сұрқай тартқан, елсіз-күнсіз дөңес; үстірт.* **Құба жондатты.** *Ұзын сонарлатты, тап басып айтпай, орағытып сөйледі.* **Құба қалмақ.** тар. *Жоңғарлардың (ойраттардың) ерте кездегі қазақтар арасындағы атауы.* **Құба қалмақ заманы.** тар. *Қалмақ пен қазақ шабысқан кезең.* **Құба тал.** өс. *Өзен бойларында өсетін, биіктігі 5-6 м-дей, шыбығы жіңішке, нәзік әрі майысқақ боз түсті тал.* **Құба тон.** *Көйлек, кимешек.* **Құба төбел.** а) *Жұпыны, қарапайым.* ә) *Ортан қол, орташа.* **Құба түз [дүз].** *Құ медиен, шөл дала.*

**ҚҰБАДҮМБІЛ** сын. *Орташа, жетер-жетпес.*

**ҚҰБАҚАЙ** сын. сөйл. ***Құбақан.***

**ҚҰБАҚАН** сын. **1.** *Ақ пен қоңырдың аралығындағы түс.* **2.** *Қылаң, боз, сұр, сұрғылт.* **3.** ауыс.. *Қарапайым, жұпыны; орташа.*

**ҚҰБАҚАНДАУ** сын. *Сұр, сұрғылт, сұрқай.*

**ҚҰБАҚАТ** үст. көне. ***Қатты.***

**ҚҰБА-ҚҰП** үст. *Жақсы, өте дұрыс, мақұл.*

**ҚҰБА-ҚҰРҒАҚ** сын. сөйл. ***Құп-құрғақ.***

**ҚҰБАЛАН=** ет. *Сұрқай тарту, сұрғылттану, бозару.*

**ҚҰБАЛАНУ** *Құбалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБАЛАҢ: құбалаң тартты.** *Бозғылттанды, сұрланды, сұрғылт тартты.*

**ҚҰБАЛАУ** сын. *Құбаға жақын; қоңыр сұрлау.*

**ҚҰБАҢ** сын. **1.** *Сұр, сұрғылт.* **2.** *Ақшыл, бозғылт; ақ құба.*

**Құбаң тартты.** *Ағарды, бозарды; ақшыл тартты.*

**ҚҰБАР=** ет. сөйл. ***Қуар.***

**ҚҰБАРЛАН** зат. көне. *Құмай тазы.*

**ҚҰБАСҰР** сын. *Сұрқай, сұрғылт.*

**ҚҰБАТ** [ар. قبة] зат. **1.** *Күмбез.* **2.** *Шатыр.* **3.** *Ат үстіндегі әшекей.*

**ҚҰБАША** сын. *Ақ құба, ақшыл.*

**ҚҰБАШАП** сын. *Тез шабатын, шапса қуып жететін, атшабар.*

**ҚҰБЫЖЫҚ** зат. **1.** миф. *Табиғатта бар жан-жануарлардың ешқайсысына ұқсамайтын қорқынышты бейнелі (бірнеше басты, жалғыз көзді т. б.) мақұлық.* **2.** ауыс. *Қорқынышты зат, шошынарлық нәрсе.*

**Құбыжық болды [болып көрінді].** *Қорқынышты әсер етті; шошытты.* **Құбыжық көргендей.** *Қатты үркіп, шошынып.* **Құбыжық көрді.** а) *Қорықты, шошынды.* ә) *Ерсі көрді, ұнатпады.* **Құбыжық көрінді.** *Қорқынышты болды, үрейлендірді.* **Құбыжық қылды [етті].** *Қорқынышты етіп көрсетті.* **Құбыжық қып [етіп] көрсетті.** *Қорқынышты етті, жағымсыздандырды.*

**ҚҰБЫЖЫҚТАН=** ет. *Қорқынышты болу, үрей туғызу.*

**ҚҰБЫЖЫҚТАНДЫР=** ет. *Құбыжық қып көрсету.*

**ҚҰБЫЖЫҚТАНДЫРУ** *Құбыжықтан-дыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЖЫҚТАНУ** *Құбыжықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЖЫҚТЫҚ** зат. *Қорқыныштылық, үрейлілік.*

**ҚҰБЫЛ=** ет. **1.** *Әлденеше түске ену, сан түрлі бояумен түрлену.* **2.** ауыс. *Жалт-жұлт ету, құлпыру, жайнау.* **3.** ауыс. *Бір қызарып, бір бозару; өңі бұзылу, түсі өзгеру.* **4.** ауыс. *Бірде олай, бірде бұлай болып өзгеріп тұру, тұрақсыз күй таныту.* **5.** *Айнып қалу, толқу; аяқ астынан өзгеру (мінездің тұрақсыздығы).* **6.** *Әртүрлі ырғаққа түсу, толқындану, құйқылжу.* **7.** ауыс. *Икемделу, қалыптасу.*

**ҚҰБЫЛА** [ар. قبلة] зат. **1.** діни. *Намаз оқыған кезде бет қаратылатын жақ, Мекке жақ.* **2.** *Оңтүстік-батыс, күнбатыс; батыс жақ.* **3.** ауыс.. *Бет бұрған (идеялық) бағыт, бағдар.*

**Құбылаға бас берді.** діни. *Құдайға жалбарыну үшін құбылаға бетін қаратты.* **Құбылаға бас қойды.** *Басын құбыла жаққа қаратып, намаз оқыды.* **Құбылаға бет алды [қойды].** а) *Күннің батысына қарай жол жүрді.* ә) *Құбылаға бет түзеп, намаз оқыды.* **Құбылаға қарап, күн өткізді.** *Жұмыссыз, бекер уақыт өткізді.*

**ҚҰБЫЛАҒАТ** сын. *Бес уақыт намазын қаза қылмайтын, Меккешіл.*

**ҚҰБЫЛАҒОЙ** сын. діни. ***Құбылағат.***

**ҚҰБЫЛАНАМА** [ар.ир. قبلهنمه] зат. **1.** *Жердің төрт құбыласын көрсететін аспап; компас.* **2.** ауыс. *Бағыт сілтер, жол көрсетер белгі.*

**ҚҰБЫЛҒАҚ** зат. зоол. сөйл. **1.** *Тіршілік ететін ортасына қарай түсін тез құбылтып, өзгертетін, ыстық жақты мекендейтін кесірткенің түрі, хамелеон.* **2.** ауыс. *Өз пікірін, көзқарасын өзгерте қоятын, тұрақсыз, құбылғыш адам.*

**ҚҰБЫЛҒЫШ** сын. **1.** *Тез құбылатын, жиі-жиі түрлене беретін; өзгергіш.* **2.** ауыс. *Айнығыш, тұрақсыз (мінез т.б.).*

**ҚҰБЫЛҒЫШТЫҚ** сын. *Құбыла бергіштік, айнығыштық, тұрақсыздық (қасиет, мінез т.б.).*

**ҚҰБЫЛДЫР=** ет. *Құбылжыту, тамылжыту, төгілдіру.*

**ҚҰБЫЛДЫРУ** *Құбылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЛЖУ** *Құбылжы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЛЖЫ=** ет. **1.** *Құбылу, түрлену, өзгеру.* **2.** *Да* ауыс. *тың түрліше толқуы; әртүрлі сазбен айтылу, тамылжу.*

**ҚҰБЫЛЖЫТ=** ет. *Құйқылжыту, тамылжыту.*

**ҚҰБЫЛЖЫТУ** *Құбылжыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЛМА** сын. **1.** *Түрленіп, құбылып тұратын.* **2.** *Бірде олай, бірде бұлай болып өзгеріп тұратын (күн райы т.б.).* **3.** ауыс. *Айнымалы, қылт етпе, құбылмалы.* **4.** *Түрліше ырғақпен, сазбен айтылған, құйқылжыған (да* ауыс.*, әуен).*

**ҚҰБЫЛМАҚ** зат. зоол. *Аквариумда өсірілетін кішкене балық.*

**ҚҰБЫЛМАЛЫ** сын. **1.** *Түрлі түске еніп, құлпырып тұратын (түс).* **2.** *Бірде олай, бірде бұлай, суық, жылы, ыстық т.б. болып өзгеріп тұратын, өзгергіш (күн райы, табиғат т.б.).* **3.** *Айнымалы, толқымалы; қылт етпе (мінез).* **4.** *Түрліше ырғақпен, сазбен айтылған, құйқылжыған (үн, да* ауыс.*).*

**ҚҰБЫЛМАЛЫҚ** зат. **1.** *Құбылып тұратындық, өзгергіштік.* **2.** *Түрленгіштік, құйқылжығандық.*

**ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Жиі өзгеріп тұратындық, құбылғыштық.*

**ҚҰБЫЛМАРЕҢ**: **құбылмарең кергек.** зоол. *Топырағы шымтезекті канал, бөген және батпақ суларында тіршілік ететін балықтың түрі.*

**ҚҰБЫЛНАМЕ** зат. ескікіт. ***Құбыланама.***

**ҚҰБЫЛТ=** ет. **1.** *Түрлендіру, өзгерту.* **2.** ауыс. *Құйқылжыту, тамылжыту.*

**ҚҰБЫЛТАС** зат. зерг. <ор. александрит> *Зергерлік ісінде көп қолданылатын жарықтың түсуіне қарай әртүрлі түспен құлпырып тұратын асыл тас.*

**ҚҰБЫЛТҚЫШ: құбылтқыш заттар.** *Жарық түсуінің және шашырауының әсерінен әртүрлі түске боялып көрінетін заттар.*

**ҚҰБЫЛТУ** *Құбылт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түрлендіру, өзгерту.* **2.** *Құйқылжыту, тамылжыту.*

**ҚҰБЫЛУ** *Құбыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір қызарып, бір бозару; түрі өзгеру.* **2.** *Тұрақсыз күй таныту.*

**ҚҰБЫЛЫМПАЗ** сын. *Құбыла беретін; өзгерімпаз.*

**ҚҰБЫЛЫҢҚЫ** сын. *Жиі-жиі өзгеріп тұрған; құбылмалы.*

**ҚҰБЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап құбылу, бет-әлпеті өзгеріңкіреу.*

**ҚҰБЫЛЫҢҚЫРАУ** *Құбылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰБЫЛЫС** зат. **1.** *Бізді қоршаған дүниеде, айналада болып тұратын әртүрлі (физикалық, биологиялық, қоғамдық т.б.) өзгеріс.* **2.** *Белгілі бір оқиға, жағдай.* **3.** *Адамның бет-бейнесіндегі өзгеріс.* **4.** *Адамның ішкі дүниесіндегі өзгеріс.*

**ҚҰБЫР**[1] [ир. قوور] зат. *Су, мұнай, газ т.б. сұйық заттарды тасымалдауға (ағызуға) арналған металдан, керамикадан, асбест-цементтен т.б. жасалған көлденең қимасы, көбінесе, сақина тәріздес іші қуыс зат.*

**Құбыр желісі.** көлік. *Әртүрлі диаметрлі, жекелеген құбырлар құрамынан тұратын сұйық, сусымалы жүктерді, мұнайды, газды құбырмен тасымалдауға арналған құралдар жиынтығы.*

**ҚҰБЫР**[2] зат. жерг. *Қол жууға арналған жер.*

**ҚҰБЫРЛЫ** сын. *Құбыр түріндегі.*

**ҚҰБЫРЛЫҚ**: **құбырлық шүра.** *Сұйық затты, газды, буды сыртқа шығармауға арналған, ашылып-жабылатын реттеу құрылғы.*

**ҚҰБЫРТАСЫМАЛ** зат. көлік. *Сұйық немесе газ ағындарын, сонымен қатар түйіршікті және кейбір басқа материалдарды жылжытуға арналған құбырлар жүйесі.*

**ҚҰБЫРТӨСЕГІШ** зат. көлік. *Құбыр салу, төсеу үшін қолданылатын арнайы мәшине құрамындағы көтергіш кран.*

**ҚҰДА**[1] зат. **1.** *Күйеу мен қалыңдықтың (ерлі-зайыпты адамдардың) аталары, әкелері.* **2.** *Ерлі-зайыпты адамдардың ересек туған-туыстары мен ағайындары, ағалары, аталас, рулас ер адамдар.*

**Құда бала.** этн. а) *Құдасының баласы (ұлы), т.б. жасы кіші туысы.* ә) *Құда болған екі жақтың аталас, рулас жасы кіші жігіттер, бозбалалар.* **Құда болды.** этн. *Біреудің қызын баласына алып берді немесе қызын біреудің баласына күйеуге берді; жекжат болды.* **Құда болып, құйрық-бауыр жесті.** этн. *Құда болу рәсімін істеп, құдаласты.* **Құда да [тыныш], құдағи да тыныш.** *Ешкім еш нәрсе демейді; бәрі де орнынша.* **Құда жортақ.** жерг. *Құда түсуде істелетін ырым.* **Құдай қосқан құда.** *Өздері танысып, өз қалауымен қосылған күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары.* **Құда сүйреу.** этн. *Құдалыққа келген кісілерден алынатын ырым.* **Құда табақ.** этн. *Жылқы, сиыр, қой еттерінен мүшелі еттерді топтап жілік, жамбас, омыртқа салынып, құдаларға ұсынылатын сыйтабақ.* **Құда тарту.** этн. *Құда түсе келгенде қыз ұзату тойында жігіт жағынан келген құдалардың біріне ән салдырып, екіншісіне күй тартқызып, үшіншісіне басқа да талаптар қою арқылы істелетін ойын-сауық.* **Құда түсті.** этн. а) *Біреудің қызын баласына айттыра барды (келді).* ә) *Бір нәрсеге қолқа салды, қалады, сұрады.* **Құда тігер.** этн. *Құдалыққа келген кісілерден алынатын ырым.* **Құда шақыру.** этн. *Құдалық жасап, құдаларды күту салты.*

**ҚҰДА**[2] зат. сөйл. *Құдай сөзінің қысқарған түрі.*

**Құда қаласа.** *Құдай қаласа.* **Құданың бұйырғаны.** діни. *Құдайдың жазғаны, нәсіп еткені.* **Құданың құдіреті.** сөйл. ***Құдайдың құдіреті.***

**ҚҰДА-АНДА** зат. сөйл. ***Құданда.***

**ҚҰДАҒАЙ** зат. жерг. ***Құдағи.***

**ҚҰДАҒИ** зат. этн. **1.** *Күйеу мен қалыңдықтың шешелері немесе әжелері (құдандалы адамдардың әйелдері).* **2.** *Күйеу мен қалыңдықтың немесе ерлі-зайыпты адамдардың ересек әйел туыстары мен жеңгелері.*

**Құдағи жүзік.** зерг. *Қазақ салты бойынша қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын қос дөңгелекті, үсті тұтас, қомақты, асыл тастардан көз қондырылып сірке салынған, алтынмен апталған аса қымбат жүзігі [Бұл кәдімгі қос балдақ жүзікке ұқсас, бірақ одан көркемделуі жағынан ерекше болып келеді, әрі мұны қыздың шешесі зергерге арнайы жасатады да, екі жастың қатар тұрған қос балдақтай қартайғанша бірге өмір сүруін тілейтіндігінің белгісі ретінде құдағиына сыйға тартады].* **Құдағи табақ.** этн. *Сыбағасы ретінде жылқы, сиыр, қой еттерінен жақ, қазы-қарта, қарын, тоқ ішек, асықты жілік салынып, құдағиларға ұсынылатын табақ.*

**ҚҰДАҒИЖАН** зат. экспр. *Құдағиына құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атаулы.*

**ҚҰДАҒИЛЫҚ** зат. этн. *Құдағи болғандық, жекжаттық.*

**ҚҰДАЕКЕ** зат. сөйл. *Құдасына немесе құда жақтағы ересек ер адамдарды сыйлау, құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.*

**ҚҰДАЖАН** зат. *Құдасын құрметтеу, жақын тарту мәнінде сыпайылап айтылатын атауыш сөз.*

**ҚҰДА-ЖЕКЖАТ** зат. этн. *Ілік-шатыс, құда адамдар.*

**ҚҰДАЖОЛ** зат. діни. *Құдай жолына бағышталған тамақ; құдайы ас.*

**ҚҰДАЙ** [ир. خدا] зат. **1.** *Бүкіл ғаламды, дүниені жаратушы, оның әміршісі, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін діни ұғым; Алла тағала, Тәңір, Жаратушы.* **2.** ауыс. *Айтқанын екі еткізбей істететін адам; ең мықтысы, бастығы; пірі.*

**Құдай абырой берді.** *Иіні келді, сәтін түсірді.* **Құдай адамы.** *Құдай жолын ұстаушы діндар адам; қожа, молда т. б.* **Құдай айдап.** *Тәңірдің жазуымен, Алланың әмірімен, дәм бұйырып, тұз айдап.* **Құдай ақы [ақына].** *Ешқандай өтірігі жоқ, шын айтамын деген мағынадағы ант етуді білдіретін сөз.* **Құдай алар ма? [алмайды].** сөйл. *Ешқайда кетпейді, жоғалмайды, не болады ғой дейсің.* **Құдай алды.** *Өлді, о дүниелік болды.* **Құдай алдында сұраусыз.** *Ешбір сұрауы жоқ.* **Құдай алдындағы борыш.** діни. *Алла алдындағы міндет, діни парыз.* **Құдай алмады.** *Өлмеді, құрымады, көзі жоғалмады.* **Құдай артының жақсылығын берсін.** тілек. *Кісісі қайтыс болған үйдің адамдарына көңіл айтудың түрі.* **Құдай атқан.** экспр. *Қураған, оңбаған, Құдай ұрған.* **Құдай атқыр [атсын].** қарғ. *Құдай атсын, Құдайдың жазасы тисін деген мағынада.* **Құдай атты.** *Қырсық шалды, ісі оңбады, сәтсіздікке ұшырады; Құдай ұрды.* **Құдай атымен ант ішті.**

*Қарғанып, барын айтып серт берді.* **Құдай-ау, [тәңірге] не жазды.** экспр. *Бір нәрсеге қатты кейігенде, қиындық көргенде айтылатын айыбым қандай деп Құдайдан сұрау, жалбарыну мағынасындағы сөз.* **Құдай бар-ды.** *Өтірік емес, шын айтам деген мағынада.* **Құдай басқа бермесін [салмасын].** *Құдай көрсетпесін, ешкімнің басына кезіктірмесін, тәңірі өзі жар болсын, душар етпесін деген мағынада (басқа түскен қиыншылық, ауыртпалық туралы).* **Құдай басқа салды.** *Тағдырдың ісіне, амалсыз шараға мойынсұнды.* **Құдай берген.** *«Жасаған ие» жарылқаған, тәңір берген.* **Құдай берді.** діни. а) *Күні туды, жарылқанды.* ә) *Жолы, дегені, ойлағаны болды.* **Құдай бетін көрсетпесін [көруге жазбасын].** тілек. *Беті әрмен, жолата көрмесін, бетін аулақ қылсын.* **Құдай бұйырса [бұйыртса].** *Сәті түссе, орайы келсе; Алла ретін келтірсе, тәңір жазса.* **Құдай бұйыртпасын.** қарғ. *Жақсылық көрмесін, Тәңір жарылқамасын деген мағынада.* **Құдай бұйыртса.** діни. *Сәтін салса, Алла ретін келтірсе.* **Құдай біледі.** *Анығын қайдам, бірақ менің ойымша... деген мағынада.* **Құдай білсін [бір Құдайдың өзі білсін].** *Негайбіл, белгісіз, күңгірт.* **Құдай бір, пайғамбар хақ, Құраны шын.** діни. *Мұсылман адамның иманын, ақидасын құрайтын Алла тағала жалғыз барлық адамзатқа ортақ, пайғамбар оның ақиқи елшісі, ал оған түскен Құран Алланың адамға дұрыс жол көрсететін жолдаған рас сөзі дегенді білдіретін Ислам дінінің негізгі ұстанымдары.* **Құдайға ақ сары басын айтты [атады].** *Тәңірді атап, мал садақа берді (ауырған кісінің айығуына, не сапар шегіп кеткен адамның есен-аман оралуына, т.б. құрбандыққа мал атау ұғымын білдіреді).* **Құдайға аманат.** *Аман-сау болуды бір Құдайға тапсырдым деген мағынада.* **Құдайға аян.** *Ақиқат, шын.* **Құдайға жазған.** қарғ. *Айыпқа батқан, күнәһар.* **Құдайға жазды.** *Күнәлі, жазықты болды, айыпты болды.* **Құдайға жалбарынды [жалынды].** *Аллаға жалбарынып, рақымын тіледі.* **Құдайға құлдық айтты.** *Құдайға сиынды.* **Құдай құлқын алды.** *Араны ашылды, қанағаттан айырылды.* **Құдайға құлшылық ет [қыл].** *Тәубаңа кел, шүкіршілік ет, намазға жығыл деген мағынада.* **Құдайға құлшылық қылды [етті].** *Аллаға жалбарынды, Құдірет иесіне құлшылық етті.* **Құдайға нала қылды.** *Бір жаратушыға жалбарынып ішқұсасын, қайғысын айтып, мұңын шақты.* **Құдайға налыс қылды.** *Жаратушыға жалбарынып, ішкі күйзелісін, мұң-назын айтты.* **Құдайға не жазды.** сөйл. *Алланың алдында қандай күнә үшін жазаға тартылды, азапқа түсті дегенді білдіретін, қатты кейігенде, азаптанғанда айтылатын сөз.* **Құдайға [бір Құдайға] сиынды.** *Құлшылық етті, табынды; Жаратқан иенің қолдап-қорғауын тіледі.* **Құдайға [бір Құдайға] тапсырды.** *Біреудің аман-есен болуын Құдайдан тіледі.* **Құдайға тәубе [тауба, тоба, шүкір].** *Бір нәрсеге риза болған, қанағат тұтқан жағдайда айтылатын Аллаға риза болуды білдіретін ғибадат сөз, Аллаға шүкір, иншалла.* **Құдайға [бір Құдайға] шет болма.** *Құдай алдында айыпты, күнәһар болма.* **Құдайдан артын тіледі.** *Кейінгі жақсылықты тіледі, сабыр етті.* **Құдайдан безген.** қарғ. *Имансыз, қадір-қасиеттен жұрдай, оңбаған.* **Құдайдан бұйрық болды.** діни. *Алла тағаланың әмірі жетті, Алланың қалауымен орындалды.* **Құдайдан қайтсын.** тілек. *Жақсылығының есесін Құдай қайырсын деген мағынадағы ризалық тілек.* **Құдайдан қорықпады.** *Беті бүлк етпеді; ұялмады, қызармады.* **Құдайдан медет тіледі.** *Жасаған иеге жалбарынып, көмек сұрады, тілек етті.* **Құдайдан сұрап алған жалғызы.** *Әлпештеген сүйіктісі.* **Құдайдан сұрады.** *Тәңірге сиынып, тілек тіледі.* **Құдайдан [мойнына бұршақ салып сұрап] тілеп алды.** *Құдайға мал, жан атап жүріп тапты, тілеу тіледі.* **Құдай деген.** *Құдайдың жазғаны осы деп, бәріне де көніп жүре беретін; көнбіс.* **Құдай деп.** *Халін сұраған үлкен кісінің Жаратушыға сиынып, Құдайға аманат етіп деген мағынадағы жауабы.* **Құдай дескен.** *Уәделескен, келіскен, ант ішкен.* **Құдай дескен көрші.** *Тату-тәтті көрші.* **Құдайды құлағынан ұстады.** *Астамсыды, тәкаппарланды.* **Құдайдың еркесі.** а) діни. *Мұса пайғамдардың ел арасындағы бір сипаты [Құран Кәрімдегі аңыз бойынша, бағынбай кеткен үмметін Алла жолына салу үшін Мұса пайғамбар бірнеше рет Алладан өз үмметінің сұрауымен оның бар екеніне сендіретін амалдар көрсетуді өтініп, соңында тіпті Құдіретті Құдайдың көрінуін де жалбарынып сұраған, пайғамбардың бар талап-сұрауын Алла орындаған, сондай-ақ оның бала кезіндегі абайсыз кісі өлтіретінін де кешірген. Осымен байланысты ел арасында Мұсаны Құдайдың еркесі деп атаған].* ә) экспр. *Өз еркімен жүрген, ешкімге бағынбайтын (адам).* **Құдайдың жазғаны.** *Алланың бұйырғаны, нәсіп еткені.* **Құдайдың зарын қылды.** сөйл. *Бір нәрсені қайта-қайта айтты; безек қақты, қақсады, зар иледі, қақсады.* **Құдайдың кенже ұлындай.** *Құдайдың өзі мұра еткендей.* **Құдайдың құдіреті.** сөйл. экспр. *Бір нәрсеге таңданғанда, таңырқағанда айтылатын қыстырма сөз (Алла тағаланың кереметі деген мағынада).* **Құдайдың құлағы сүйсінсін.** *Істеген ісі ұнасын, қылығы жақсын, жұмысы көңілге қонсын, риза болсын.* **Құдайдың құлы.** діни. *Алланың жаратқаны, дүниенің, байлықтың немесе басқа да осы дүние қызығының емес, Алланың бағыныштысы, соның құзырындағы адам.* **Құдайдың құтты күні.** *Күнде, әр күні, күн сайын.* **Құдайдың пендесі.** *Ақыл мен нәпсіден тұратын Алланың жаратқаны (ақылдан кенде емес, пәк емес адам).* **Құдайдың салғанын көрді.** *Басқа түскенге көнді, пешенесіне жазылғанға төзді.* **Құдайдың сүйген құлы.** діни. *Құдайдың жарылқағаны, рақымы түскен пендесі, мейіріміне, кешіріміне бөленген жаратқаны.* **Құдайдың тезіне жолықты.** *Құдайдың қаһарына ұшырады.* **Құдайдың шеберлігі.** *Жаратушының кереметі, теңдесіз құдіретті ғажап ісі.* **Құдай жазаңды бергір.** қарғ. *Көрсіні Құдайдан көргір, Құдайдан тартқыр.* **Құдай [пешенесіне] жазбаған.** діни. *Алла тағала бұйырмаған, тағдырында болмайтын.* **Құдай жазбасын.** тілек. *Басқа салмасын, бастан өткізбесін, аулақ болсын, айналып өтсін, көрсетпесін мағынасындағы жаманшылықтан сақтасын деген тілек.* **Құдай жар болды.** *Құдай қолдады, демеу болды.* **Құдай жарылқағыр.** алғыс. *Жолың болғыр, Алланың ризалығына бөленгір деген мағынадағы ризалықты білдіретін алғыс сөз.* **Құдай жарылқады.** *Ісі оңға басты, сәті түсті; Құдай оңдады, тілегін қабыл етті.* **Құдай [алдыңнан] жарылқасын.** тілек. *Құдай оңдасын, сәтін берсін.* **Құдай жарылқап [Құдай жарылқағанда].** *Құдай оңдап, сәтін салып.* **Құдай жолы.** *Хақ жолы; түзу, дұрыс, ақиқат сара жол, бағыт.* **Құдай иді [көз жасын иді].** діни. *Алла тағала тілегін қабыл қылды, Алланың мейірі түсіп, ісі оңалды, ісі оңға басты.* **Құдай [өзі] кешірсін [кешсін].** *Аллам жазғырмасын, тәңірім кешірсін.* **Құдай көз жасын иді.** *Тілегі орындалды; арманына жетті.* **Құдай көрді.** *Пір тұтты, табынды.* **Құдай көрсетті.** діни. *Алла басқа салды.* **Құдай қабыл етті [қылды].** *Шариғат жолымен жасалған іс, әрекет, тіршілік дұрыс, ақ болады, қабылданады деген мағынада.* **Құдай қаласа [қойса].** *Сәті түссе, орайы келсе; Алла хош көрсе.* **Құдай қарғады.** *Құдайдың қарғысына ұшырады, тәңір атты.* **Құдай қосқан.** *Шариғат жолымен қосылған, бұйрықты (жар, қосақ, жесір т.б.).* **Құдай қосқан құда.** *Өздері танысып, өз қалауымен қосылған күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары.* **Құдай қосса.** *Сәті түссе, орайы келсе, Құдай бұйыртса.* **Құдай қуат [күш-қуат] берсін.** тілек. *Жаратқан ием демеп, қайрат-жігер берсін.* **Құдай құлқын алды.** *Пейілін тарылтты, аранын ашты, ашкөз етті.* **Құдай құлым десе, пайғамбар үмбетім демеске к...і бар ма!** сөйл. *Мықты, күштінің өзі қолдаса, басқалар ізет етпеске лажы жоқ деген мағынада.* **Құдай [Құдай тағала] мүсіркеді [есіркеді].** *Жаны ашыды, аяды, жар болды.* **Құдай оңдады.** *Ісі оңға басты, сәті түсті; Құдай жарылқады.* **Құдай рақым қылды.** *Алланың мейірімі түсті.* **Құдай сақтасын [сақтай көр].** а) *Жаманшылықтың бетін аулақ қылсын, көрсетпесін.* ә) *Айта көрмеңіз, қайтып көрсетпесін деген мағынада.* **Құдай салды, мен көндім.** *Басқа түған күн болса, өз мойныммен көтерем; тәңірім жазса, өз пешенем деп білем деген мағынада.* **Құдай сүйер қылығы жоқ.** *Оңып тұрған жоқ; жексұрын, сүйкімсіз.* **Құдай табады.** *Тәңір жазғырады, Құдай сазайын береді.* **Құдай тағала.** діни. *Құдай, тәңір, жаратқан, жасаған; Алла тағала.* **Құдай тапсын [тапқыр].** қарғ. *Жасаған ием жазаңды берсін!* **Құдай тілекті берді.** *Жарылқады, ойындағысын орындады.* **Құдай тілеуіңді берсін!** тілек. *Тілегің орындалсын, арманыңа жет; Құдай жарылқасын!* **Құдай тілеуіңді бермесін!** қарғ. *Үмітің ақталмасын деген мағынада.* **Құдай ұрған.** кейіс. *Құдай атқан, аруақ соққан; оңбаған.* **Құдай [төбеңнен, тас төбеңнен] ұрғыр!** қарғ. *Құдай жазаңды бергір, тәңір атқыр деген мағынада.* **Құдай ұрды.** *Ісі оңға баспады, сәтсіздікке ұшырады; Құдай атты, сорлады.* **Құдай [төбеңнен, тас төбеңнен] ұрсын! [ұрғыр].** қарғ. *Құдайдың қаһарына ұшыра; оңба, көгерме!* **Құдай үйі.** *Құдайға ғибадат ететін орын; мешіт, шіркеу т.б.* **Құдай үшін.** *Өтіну, жалыну, жалбарыну мәнінде айтылады.* **Құдайы жасады [жасап қалды].** *Ойындағысы орындалып, тілегі болды.* **Құдайына қарады.** *Адамдықтан аттай алмады; ибалық етті.* **Құдайын танымады.** *Жасаған жақсылықты ұмытты, адамшылықтан безді.* **Құдайын ұмытты.** *Көзінің еті өсті; асқақтады, кекірейді.* **Құдай ісі.** *Құдайдың дегені, маңдайға жазғаны.*

**ҚҰДАЙДАЙ** сын. **1.** *Құдай тәрізді, Құдай секілді.* **2.** ауыс. *Мықты; тоң ми; тып ете қалғыш.*

**Құдайдай көрді.** *Мықты деп білді; бас иді, құрметтеді.* **Құдайдай сенді.** *Шын ниетімен сенді, нанды, иланды.* **Құдайдай сөзім.** *Шын сөзім, расым.*

**ҚҰДАЙЕКЕ** зат. сөйл. *Құдайды құрметтеу мағынасында, ауызекі сөйлеуде қолданылатын атауыш сөз.*

**ҚҰДАЙЖАСАМПАЗДЫҚ** зат. филос. *XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Ресейде пайда болған адам баласының жасампаз қызметін діни жолмен түсіндірген этикалық ағым.*

**ҚҰДАЙЛА=** ет. *Құдай деу, құдайды ауызға алу.*

**ҚҰДАЙЛАНДЫР=** ет. *Құдаймен байланыстыру.*

**ҚҰДАЙЛАНДЫРУ** *Құдайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЙЛАП: а [иә, я], құдайлап.** *Тәңіріге сиынып, тілеу тілеп.*

**ҚҰДАЙЛАС=** ет. *Құдай десу.*

**ҚҰДАЙЛЫҚ** зат. *Құдай болушылық, құдайға тәндік.*

**ҚҰДАЙСУ** *Құдайсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЙСЫ=** ет. *Өзін-өзі жоғары санау, мықтысыну.*

**ҚҰДАЙСЫЗ** сын. **1.** *Құдайға қарсы, Құдайдың барлығын мойындамайтын; дінсіз.* **2.** үст. *Құдай болмайынша, Құдайдың қатысынсыз.*

**ҚҰДАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Құдайдың барлығына шек келтірушілік, Құдайға сенбеушілік.*

**ҚҰДАЙСЫН=** ет. жағымсыз. *Мықтысыну, бәлсіну.*

**ҚҰДАЙСЫНУ** *Құдайсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЙСЫТ=** ет. *Өздерінен мықты санау, бәлсінту.*

**ҚҰДАЙСЫТУ** *Құдайсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЙТАНУ** зат. <грек. theologia> ***Теология.***

**ҚҰДАЙША** үст. *Құдай тәрізді, Құдайға ұқсап.*

**ҚҰДАЙШЫЛ** сын. *Құдайға сенуші, Аллаға сиынғыш, діншіл.*

**ҚҰДАЙШЫЛДАУ** сын. *Құдайға сенгіштеу, діншілдеу.*

**ҚҰДАЙШЫЛДЫҚ** зат. *Құдайға сенушілік, Аллаға табынушылық; діншілдік.*

**ҚҰДАЙШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Құдайшылдық.***

**Құдайшылығын айтты.** *Дұрысын, шындығын айтты.*

**ҚҰДАЙЫ**[1] зат. діни. *Ескі наным бойынша, қауіп-қатерден, қатты аурудан аман қалған кезде Құдай жолына деп берілетін қайыр-садақа (ас, тағам, киім, ақша т.б.).*

**Құдайы айтты [атады].** діни. *Құрбандыққа мал шалатын болды.* **Құдайы берді.** діни. *Құдайы деп атап, садақа берді; құдайы ас таратты.* **Құдайыға ақ сар басын шалды.** *Жаратқанға атап мал садаға берді.* **Құдайы қылды.** діни. *Құрбандыққа мал шалды, садақа мал, дүние атады.* **Құдайы тамақ [садақа].** этн. ***Құдайы.*** **Құдайы шалды.** діни. *Бір малды атап сойып, құдайы берді.*

**ҚҰДАЙЫ**[2]**: құдайы көрші.** этн. *Құдай қосқан көрші; жазмыштың бұйрығымен болған көрші.* **Құдайы қонақ.** этн. *Жолаушылап келе жатып, кез келген үйге түскен, күтпеген, кездейсоқ жолаушы.* **Құдайы құда.** этн. *Құдай қосқан құда.*

**ҚҰДАЙЫМ** зат. *Жаратушым, жаратқан ием, тәңірім деген мағынадағы Алла тағалаға жалбарынғанда, одан тілек тілегенде, оған жалынғанда айтылатын атауыш сөз.*

**ҚҰДАЙІЗДЕМПАЗДЫҚ** зат. филос. *Азаматтық тұрмыс пен өмір сүру жағдайларын христиан дінін жаңарту арқылы өзгертуді уағыздаған орыс либерал интеллигенциясы арасындағы діни философиялық ағым.*

**ҚҰДА-КҮЙЕУ** зат. *Құда мен күйеу жігіт жақ.*

**ҚҰДА-ҚҰДАҒИ** зат. *Құда мен құдағи, екеуі де.*

**ҚҰДА-ҚҰРМАЛАС** зат. сөйл. *Құда-жекжат.*

**ҚҰДАЛА=** ет. *«Құда», «құда» деп қайта-қайта айту.*

**ҚҰДАЛАС=** ет. *Ұл мен қызын атастыру, құда болысу.*

**ҚҰДАЛАСУ** *Құдалас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЛАУ** *Құдала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАЛЫҚ** зат. этн. *Құда түсушілік, құда болушылық.*

**Құдалыққа барды.** этн. *Біреудің қызына құда түсе барды.* **Құдалыққа жүрді.** этн. *Бір-біріне құда болуда келісіру үшін, екі отбасының (үйдің) арасында дәнекерлікке жүрді.* **Құдалық сөйлесті.** этн. *Құда түсе барды, құда болғысы келетіндігін айтты.*

**ҚҰДАНДА** зат. этн. *Құда, жекжат.*

**ҚҰДАНДАЛ** сын. сөйл. ***Құдандалы.***

**ҚҰДАНДАЛЫ** сын. *Қыз алысып, қыз беріскен, сүйек шатысы бар (адамдар).*

**Құдандалы бауыр.** *Қыз алысып, қыз беріскен, құдандал адамдар сияқты сыйлас, тату.*

**ҚҰДАНДАЛЫ-ЖЕКЖАТ** зат. *Құда, ағайын, туыстас.*

**ҚҰДАНДАЛЫҚ** зат. *Құда болушылық, жекжаттық.*

**ҚҰДАНДАЛЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Құдандалық.***

**ҚҰДАСЫН=** ет. *Құда болғансу.*

**ҚҰДАСЫНУ** *Құдасын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДАТАРТАР** зат. этн. *Қыз алуға келген құдалар тарапынан берілетін кәделердің бірі.*

**ҚҰДАТАРТЫС** зат. этн. *Қыз алуға келген құдалар жағы айтыс, өлең айта алмаса, жұмбақ шеше алмаса, оларды ортаға салып, әжуалаған қыз-келіншектерден құтылу үшін құдалар жағына берілетін рәсім, кәде.*

**ҚҰДАТҮСЕР** зат. этн. *Қалыңдықтың ауылына құдалардың келу салты.*

**ҚҰДАУАНДА** мод. *Құдай тәуба, Құдай тағала; о, Құдай.*

**ҚҰДАУАНДКЕР** [ир. خداوندگار] зат. *Құдай, жаратқан, әмірші, билеуші.*

**ҚҰДАША** зат. этн. **1.** *Ерлі-зайыпты адамдардың жасы кіші әйел туыстары; құдандалы адамдардың қыздары.* **2.** *Жасы кіші бойжеткен қызға немесе әйел адамға құрмет, ізет ретінде айтылады (сөйлеушіге қатысты).*

**ҚҰДАШАЛАП** үст. *Құдаша, құдаша деп қайта-қайта айтып.*

**ҚҰДАШАЛЫҚ** зат. *Құдаша болғандық.*

**ҚҰДАШАСЫЗ** сын. *Құдаша болмайынша, құдашаның қатысынсыз.*

**ҚҰДАЯ** мод. сөйл. *Құдай, о, Құдай.*

**Құдая тоба [тәуба].** сөйл. *Тәубесі еске түскенде айтылатын қыстырма сөз.*

**ҚҰДДЫ** [ир. خودى ] үст. *Дәл, нақ, тура, тап, нағыз, бейне бір.*

**ҚҰДДЫС** [ар. قديس] зат. діни. *Әулиелі, қасиетті жер (Иерусалим).*

**ҚҰДЕКЕ** зат. эмоц. ***Құдайеке.***

**ҚҰДИ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің жоғарыдан төмен қарай шаншыла қарауы, төне түсуі.* **2.** *Қыран құстың жоғарыдан төмен қарай сорғалай ағуы, шүйілуі.* **3.** *Жолдың биіктен еңіске қарай тіке құлауы, еңкейе, тік түсуі.*

**ҚҰДИТ=** ет. *Төндірту, шүйілту.*

**ҚҰДИТУ** *Құдит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДИЫС=** ет. *Шаншылып қарасу.*

**ҚҰДИЫСУ** *Құдиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДИЮ** *Құди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДУ** сын. жерг. *Жұп-жұмыр.*

**Құду бел.** *Жіңішке, жұмыр бел.*

**ҚҰДЫҚ**[1] зат. **1.** *Адамды, малды тұщы сумен қамтамасыз ету және жер суландыру үшін жердің су шығатын қабатына дейін арнайы қазылған тік шұңқыр.* **2.** тех. *Мұнай т.б. сұйықтықтарды өндіру, жер бетінен атмосфераның және беткей суларды аластау, жерасты суларының режімін зерттеу мақсатымен қазылатын гидротехникалық құрылыс.*

**Құдығына бар асылын тыққан шөл даладай.** поэт. окказионалды. *Шөлдеген, шөліркеген адамның іздегені сирек жатқан құдығынан табылып, мейірін әбден қандыратын сусыз кең жазық жер сияқты.* **Құдығына қарай қауғасы.** *Әр нәрсе өзінің ретімен, сәйкестігімен, теңімен.* **Құдыққа салған қауғадай.** *Терең орға, апанға түсіп кету, құлдырау.* **Құдық суы.** *Сапасы жағынан жоғары, құдықпен ашылған жерасты суы.*

**ҚҰДЫҚ**[2] зат. **1.** *Пештің мойнының түбі.* **2.** *Пештің ішкі айналмасы, жылу аралайтын жері.*

**ҚҰДЫҚПЕШ** зат. **1.** *Тура шығатын тік пеш.* **2.** метал. *Құю цехтарындағы шойын балқытатын шахта типтес тік пеш.*

**Құдықпеш газы.** *Құдықпештен шойын балқытқанда шығатын ыстық, улы газ.*

**ҚҰДЫҚСЫЗ**[1] сын. *Құдығы жоқ, құдық қазылмаған.*

**ҚҰДЫҚСЫЗ**[2] сын. *Құдығы қаланбаған, құдығы жоқ (пеш).*

**ҚҰДЫҚТЫ** сын. *Құдығы бар.*

**ҚҰДЫҚШЫ** зат. *Құдық қазуды кәсіп еткен адам, құдық қазушы.*

**ҚҰДЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Құдық қазу кәсібімен шұғылданушылық, құдық қазушылық.*

**ҚҰДЫР** зат. зоол. <лат. moschus moschiferus> *Биіктігі бір метрге жетпейтін, денесінің алдыңғы бөлігі артынан аласалау, бұғы тектес (аша тұяқты, сүт қоректі) күйіс қайыратын кішірек аң.*

**ҚҰДЫРА: құдыра бота.** түйешар. *Мерзімінен бұрын туған күзге салым тайлақтан кіші, басқа түйе төлінен үлкен бота.*

**ҚҰДІРЕТ** [ар. قدرة ] зат. **1.** *Құдай, Алла, тәңір, жасаған, жаратушы.* **2.** ауыс. *Керемет күш, ғажайып қасиет.* **3.** ауыс. *Күш, қайрат, қуат, шама, әл.*

**Құдіреті жетті [келді].** *Билігі жүрді, қолынан келді.*

**ҚҰДІРЕТСІЗ** сын. *Құдіреті жоқ; күшсіз, дәрменсіз.*

**ҚҰДІРЕТСІЗДІК** зат. *Күшсіздік, әлсіздік, дәрменсіздік.*

**ҚҰДІРЕТТЕН=** ет. **1.** *Айбындану, шабыттану; күшею.* **2.** ауыс. *Өзін-өзі күшті санау, мықтысыну, тәкаппарлану, паңсыну.*

**ҚҰДІРЕТТЕНДІР=** ет. *Күшейттіру, қуаттандыру; айбындандыру.*

**ҚҰДІРЕТТЕНДІРУ** *Құдіреттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДІРЕТТЕНУ** *Құдіреттен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰДІРЕТТІ** сын. **1.** *Құдіреті күшті, керемeті мол.* **2.** *Айбынды, сұсты, қаһарлы.* **3.** *Қасиетті, қастерлі.*

**Құдіретті күш.** *Зор, алып күш мағынасында.*

**ҚҰДІРЕТТІЛІК** зат. **1.** *Құдіреті күштілік, кереметтілік; ұлылық.* **2.** *Айбындылық, қаттылық, мықтылық.*

**ҚҰДІРЕТТІРЕК** сын. *Құдіреті күштірек, кереметтірек.*

**ҚҰДІРЕТШІ** зат. *Құдіреті күшті адам; әмірші.*

**ҚҰЖ**[1] зат. миф. *Бәрін керісінше жасайтын, аңыздық алып, дәу.*

**ҚҰЖ**[2] сын. *Бұжыр, кедір-бұдыр.*

**Құж денелі.** *Қорбиған, еңгезердей.* **Құж қара.** *Үлкен қара бұжыр (кісі).*

**ҚҰЖАНТУ** зат. жерг. *Үлкен пышақ.*

**ҚҰЖАТ** [ар. حجة ] зат. <лат. documentum> **1.** *Қандай да бір фактіні немесе әлдебір нәрсе жөніндегі құқықты қуаттайтын іс қағаз.* **2.** *Заңдық құқы бар жеке басты куәландыратын жазбаша төлқұжат.* **3.** *Белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын жазбаша куәлік.* **4.** *Белгілі бір деректерді ақпарат сақтаушыда (қағазда, фотожарғақта, магниттік дискіде) көрсететін, ресми сипатта пайдаланылуға немесе кейіннен өңделуге және жолданушысына берілуге тиіс жазбаша куәлік.*

**Құжат деректемелері.** *Қолданыстағы ережелерде немесе заңда көзделген құжаттар үшін міндетті, құжатты жарамды деп тану үшін онда берілуге тиіс мәліметтер.*

**ҚҰЖАТНАМА** зат. сөйл. ***Құжаттама.***

**ҚҰЖАТТА=** ет. *Кез келген мекеменің қызметін, әрекетін көрсететін құжаттарды жасау, толтыру.*

**ҚҰЖАТТАЛ=** ет. *Құжат жасалу, толтырылу.*

**ҚҰЖАТТАЛУ** *Құжаттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖАТТАМА** зат. *Бірыңғай ереже бойынша даярланған құжаттар жиыны.*

**ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ** сын. *Құжаттамаға қатысты.*

**ҚҰЖАТТАМАСЫЗ** сын. *Құжаттамасы жасалмаған, құжаттамасы жоқ.*

**ҚҰЖАТТАНДЫР=** ет. сөйл. *Құжаттармен бекіттіру.*

**ҚҰЖАТТАНДЫРУ** *Құжаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖАТТАУ** *Құжатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖАТТЫҚ** сын. *Құжатқа қатысты, құжатпен байланысты.*

**ҚҰЖАТХАНА** зат. *Құжаттар сақталатын орын.*

**ҚҰЖБАН** сын. *Бұжыр-бұжыр, қатпар-қатпар; үлкен, дәу.*

**Құжбан бұқа.** *Сиырға шағылысар сәтте тағатсызданбайтын, аталығы жағынан әбден жетілген, жеті жасар үлкен бұқа.* **Құжбан қара.** *Дәу, қара бұжыр.*

**ҚҰЖ-ҚҰЖ**[1] сын. *Бұжыр-бұжыр, қатпар-қатпар.*

**ҚҰЖ-ҚҰЖ**[2] елік. *Ұсақ жәндіктердің (құрт-құмырсқа, ара, шыбын-шіркей т.б.) бір

*жерге шоғырланып, быжынаған, құжынаған, сапырылысқан қимылын бейнелейтін сөз.*

**Құж-құж етті.** *Бірі кіріп, бірі шықты; құжыңдады.* **Құж-құж қайнады.** *Араның ұясындай құжынады, ары-бері сапырылысты.*

**ҚҰЖТЕКЕ** зат. ойын. *Отырып ойнайтын асық ойынының бір түрі.*

**ҚҰЖУ** *Құжы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫ=** ет. сөйл. *Құжынау, құж-құж ету.*

**ҚҰЖЫЛДА=** ет. *Гулеу, ызыңдау.*

**ҚҰЖЫЛДАС=** ет. *Құж-құж етісу, гулесу.*

**ҚҰЖЫЛДАСУ** *Құжылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫЛДАУ** *Құжылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫМ** зат. өс. *Бужыр-бужыр болып өсетін өсімдік.*

**ҚҰЖЫНА=** ет. **1.** *Құж-құж қайнау, жыпырлау, қаптау, быжу.* **2.** ауыс. *Араның ұясындай сапырылысу, шоғырлану, топталу.*

**ҚҰЖЫНАЖАЙ** зат. *Адамның көп жиналған жері.*

**ҚҰЖЫНАС=** ет. *Құж-құж қайнасу, жыпырласу.*

**ҚҰЖЫНАСУ** *Құжынас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫНАТ=** ет. *Құж-құж қаптату, жыпырлату.*

**ҚҰЖЫНАТУ** *Құжынат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫНАУ** *Құжына етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫҢ-ҚҰЖЫҢ** елік. сөйл. *Құнжың-құнжың.*

**ҚҰЖЫР**: **құжыры қанды.** сөйл. *Құшыры қанды.*

**ҚҰЖЫРА** [ар.حجرة] зат. **1.** *Мешіт, медресе жанындағы шәкірттер тұратын кішірек бөлме.* **2.** *Тастан, шымнан немесе саманнан соғылған іші тар, кішкене ғана аласа үй; баспана.*

**ҚҰЖЫРАЙ=** ет. *Тұқыраю, тұқшию, тұқию.*

**ҚҰЖЫРАЛЫ** сын. *Құжырасы бар, құжырасы көп.*

**ҚҰЖЫРАҢДА=** ет. **1.** *Құжыраю, тұқшию.* **2.** *Құнақылану, құтыңдау.*

**ҚҰЖЫРАҢДАТ=** ет. *Құжырайту, тұқшиту.*

**ҚҰЖЫРАҢДАТУ** *Құжыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫРАҢДАУ** *Құжыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫРАЮ** *Құжырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЖЫРЛАН=** ет. сөйл. *Бір нәрсеге іштей ызалану, тістену, құшырлану.*

**ҚҰЖЫРЛАНУ** *Құжырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЗ** зат. **1.** *Таудың адам аяғы қия баса алмайтын шыңы; тік шатқал, биік жартас.* **2.** *Терең, түңғиық шыңырау.*

**ҚҰЗА=** ет. сөйл. ***Қуза.***

**ҚҰЗАР** сын. *Асу бермес биік, заңғар.*

**ҚҰЗАРЛА=** ет. *Зәулім биікке көтерілу, аспандау.*

**ҚҰЗАРЛАТ=** ет. *Биікке көтерту, аспандату.*

**ҚҰЗАРЛАТУ** *Құзарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЗАРЛАУ** *Құзарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЗАРТ** сын. сөйл. **1.** ***Құзар.*** **2.** *Терең, түңғиық шыңырау.*

**ҚҰЗҒАНА** зат. *Қауіп-қатер.*

**ҚҰЗҒЫН**[1] зат. зоол. <лат. corvus corax> **1.** *Қорек талғамайтын, көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс.* **2.** ауыс. *Жауыз, озбыр, қанішер.*

**Құзғын құлқын.** *Тойымсыз, қанағатсыз, жалмаңдаған.*

**ҚҰЗҒЫН**[2] зат. астр. *Аспанның оңтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

**Құзғын сәрі.** сөйл. ***Құлқын сәрі.***

**ҚҰЗҒЫНДАЙ** сын. *Құзғын сияқты, құзғын тәрізді.*

**ҚҰЗҒЫНДЫҚ** зат. *Құзғынға тән қасиет; тойымсыздық, ашкөздік.*

**ҚҰЗҒЫНША** үст. *Құзғын секілді, құзғын тәрізді.*

**ҚҰЗДАН=** ет. *Құзға айналу, құз болу.*

**ҚҰЗДАНУ** *Құздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЗДЫ** сын. *Құз болып біткен, құзы бар.*

**ҚҰЗ-ЖАР** зат. *Терең құз, шыңырау.*

**ҚҰЗ-ЖАРТАС** зат. *Таудың басы, шыңы; тік шатқал, биік жартас.*

**ҚҰЗ-ҚИЯ** зат. *Таудың тік қиялы биік шыңдары.*

**ҚҰЗЫР**[1] [ар.حضر] зат. **1.** *Әмір, билік.* **2.** заң. *Нақты органға немесе тұлғаға заң арқылы берілетін өкілеттік, құқық, міндет.*

**Құзыр қылды.** *Тілек етті, көксей өтінді.* **Құзырына ұшырады.** *Тақсыретін тартты, опық жеді.* **Құзырыңа құлдық.** *Айтқаның бұлжытпай орындалады, әмірің екі болмайды.* **Құзыры түсті.** *Рахымы, ниеті түсті.*

**ҚҰЗЫР**[2] зат. жерг. *Сырқат, ауру, дерт.*

**ҚҰЗЫРЕТ** [ар. حضرة] зат. заң. <лат. competere> *Нақты мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға заң арқылы берілетін өкілеттіктің, құқықтың және міндеттердің жиынтығы.*

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК** зат. *Құзыры болушылық.*

**ҚҰЗЫРЛЫ**[1] сын. *Өкілеттік берілген, құқыққа ие.*

**ҚҰЗЫРЛЫ**[2] сын. жерг. *Науқасты, сырқатты, дертті.*

**ҚҰЗЫРЛЫҚ** зат. *Жетекшілік, басшылық.*

**ҚҰЗЫРХАТ** зат. сөйл. <лат. petitio> *Жоғары тұрған органға, үкіметке, үкімет басшысына хат түрінде ұжым болып жазылатын ресми өтініш.*

**ҚҰЙ**[1] зат. *Жан-жағынан тартылған арықтар арқылы жаңбыр, қар сулары құйылып, көбіне мал суаруға пайдаланылатын құдық, шұңқыр.*

**Құйы бұзылды.** *Көңілсізденді, үнжырғасы түсті.*

**ҚҰЙ**[2] шыл. *Мейлі, не.*

**ҚҰЙ=** ет. **1.** *Сұйықтықты бір нәрсеге төгу, бір заттың ішіне қотару.* **2.** *Сұйық тағамдарды (шай, сүт, қымыз т.б.) ыдысқа бөліп жайғастыру, ішуге әзірлеу.* **3.** *Ағынды сулардың (өзен, бұлақ) бір-біріне немесе көл, теңіз, мұхитқа келіп қосылуы.* **4.** *Жауын-шашынның нөсерлетіп қатты жауып кетуі.* **5.** *Балқытқан металдан бір заттың бейнесін, мүсінін қалыпқа түсіріп жасау.*

**Құйып қойғандай**. *Шап-шақ, артық-кемі жоқ, дәп-дәл мағынасында.*

**ҚҰЙҒАН** зат. *Өзен-судың құя берісі, құяр жері.*

**ҚҰЙҒУ** *Құйғы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҒЫ=** ет. *Жүрісіне көз ілеспеу, зымырау, заулау.*

**ҚҰЙҒЫЗ=** ет. *Сұйықтықты бір нәрсеге төккізу.*

**ҚҰЙҒЫЗУ** *Құйғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҒЫН** сын. *Жылдам, жүрдек.*

**ҚҰЙҒЫНДАТ=** ет. *Құйғыту, заулату.*

**ҚҰЙҒЫНДАТУ** *Құйғындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҒЫТ=** ет. *Құйындату, қатты шаба жөнелу.*

**ҚҰЙҒЫТУ** *Құйғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҒЫШ** зат. *Сұйықтықты құюға арналған ауыз жағы кең, сұйық ағып шығатын жері тарлау зат.*

**ҚҰЙҒЫШТА=** ет. **1.** *Қайта-қайта құя беру.* **2.** ауыс. *Есінде қалу үшін қайта-қайта айта беру.*

**ҚҰЙҒЫШТАУ** *Құйғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙДЫР=** ет. **1.** *Сұйықтықты құйғызу, басқа ыдысқа төктіру.* **2.** *Балқытып, сұйық күйінде қалыпқа түсірту.*

**ҚҰЙДЫРУ** *Құйдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚА** зат. **1.** *Сойылған малдың үйітілген терісі.* **2.** *Адам басының терісінің шаш өсетін бөлігі.* **3.** ауыс. *Жердің шым болып жатқан үстіңгі қабаты.*

**Құйқасы құрысты.** *Бір нәрсеге ренжіді, қабақ шытты.* **Құйқа тамыры [терісі] құрысты.** *Жақтырмады, сұқаны сүймеді.* **Құйқа тамыры [төбе құйқасы] шымырлады.** *Төбе шашы тік тұрды, сай-сүйегі сырқырады.*

**ҚҰЙҚАЛА=** ет. *Ұсақтап кесу.*

**ҚҰЙҚАЛАҚ** зат. тамақ. *Мал сойғанда төстің үстіңгі жағындағы етті терісімен қоса кесіп алып, отқа қақтап пісіретін тағам.*

**ҚҰЙҚАЛАҚТА=** ет. *Отқа қақтап құйқалақ жасау.*

**ҚҰЙҚАЛАҚТАН=** ет. *Құйқасы көріну.*

**ҚҰЙҚАЛАҚТАНУ** *Құйқалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚАЛАҚТАУ** *Құйқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚАЛАН=** ет. **1.** *Құйқа болу, құйқаға айналу.* **2.** *Шымдану, құнарлану.*

**ҚҰЙҚАЛАНДЫР=** ет. *Құйқасы көрінгенше тықырлау.*

**ҚҰЙҚАЛАНДЫРУ** *Құйқаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚАЛАНУ** *Құйқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚАЛАУ** *Құйқала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚАЛЫ** сын. **1.** *Құйқасы бар.* **2.** *Бас терісі үйітілген.* **3.** ауыс. *Оты мол, малға жайлы, егінге лайық, құнарлы.*

**ҚҰЙҚАСЫЗ** сын. *Құйқасы жоқ, құнарсыз.*

**ҚҰЙҚЫЛЖУ** *Құйқылжы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің тез өзгеріп, құбылып тұруы.* **2.** *Бір орында тұрмай ойнақшу, ширығу (ат туралы).* **3.** *Биіктен құйылып сорғалау (құс туралы).* **4.** ауыс. *Ән-күйдің тамылжып төгілуі.* **5.** *Шарықтап ұшқу, құбылу.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫМА** сын. *Құбылмалы, өзгермелі.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫС=** ет. *Бірге өзгеріп, бірдей құбылу.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫСУ** *Құйқылжыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫТ=** ет. **1.** *Өзгерту, құбылту.* **2.** *Ойнақшыту, тыпыршыту.* **3.** ауыс. *Тамылжыту, төгілту.*

**ҚҰЙҚЫЛЖЫТУ** *Құйқылжыт етістігінің қимыл атауы; тамылжыту, төгілту.*

**ҚҰЙҚЫЛТ=** ет. сөйл. *Құйылту, құйғыту, құйындату.*

**ҚҰЙҚЫЛТУ** *Құйқылт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙМА** зат. **1.** тех. *Металл, металл қорытпалары, пластмассалар, шынылар т.б. заттарды балқытып, қалыпқа құйып қатайту нәтижесінде алынатын зат, дайындама.* **2.** *Қолдан құйған кірпіш немесе құйма кірпіштен жасалған дуал.* **3.** *Өзен-судың құйылысы; құйған.* **4.** зерг. *Қорытылған, қоспасынан айырған алтын, күміс кесегі.* **5.** *Қыстай жиналған мал қиын көктемде көлікпен бастырып, қалыпқа немесе т. б. құйып жасаған тезек.*

**Құйма алтын [күміс].** зерг. *Белгілі бір қалыпқа келтіріліп құйылған, басқа қоспадан тазартылған, қоспасыз таза кесек алтын (күміс).* **Құйма болат.** кен. *Өндіріс барысында сұйық күйден өткен қатты болат.* **Құйма білезік.** зерг. *Алтын яки күміс, қола, жез, мельхиорды балқытып, арнаулы қалыпқа құю арқылы жасалған сом білезік.* **Құйма жүзік.** зерг. *Арнаулы қалыпқа құйып дайындалған жүзік; құйма қалыппен жасалатын жүзік.* **Құйма қант.** тамақ. *Үлкен, тұтас, шағылып бөлінбеген қант.* **Құйма**

**тұяқ.** *Тұяғы құйып қойғандай, жұмыр.* **Құйма тұяқты бие.** *Жүргенде табаны көп тасырламайтын, тұяғы мықты бие, қысырақтардың атауы.* **Құйма үй.** құр. *Арнайы сырғымалы қалыппен құйылып салынатын үй.* **Құйма үлгісі.** этн. *Қалыптың құйма пішініне сәйкес келетін қуысын жасауға арналған қалып, үлгі.*

**ҚҰЙМАҚ** зат. тамақ. *Айранға не сүтке ұнды қоймалжың етіп езіп, майға пісірілетін жұмсақ нан.*

**Құймақ мұз.** геогр. *Диаметрі 0,5-2 метр болып келетін дөңгелек мұз.*

**ҚҰЙМАКЕСЕК** зат. *Қорытылған, қоспасынан айырған алтын, күміс т.б. металдардың кесегі.*

**ҚҰЙМАҚАЛЫП** зат. тех. *Балқыған металды белгілі бір пішінге келтіру үшін құйылатын қалып, құрал.*

**ҚҰЙМАҚТЫҚ** сын. *Құймақ пісіруге арналған.*

**ҚҰЙМАҚҰЛАҚ** сын. *Тез ұққыш, зерек, зерделі.*

**ҚҰЙМАҚХАНА** зат. *Құймақ пісіріп сататын дәмхана.*

**ҚҰЙМАҚША** зат. тамақ. *Ішіне ұсақталған ірімшік, ет салып майға пісірген жұқа нан.*

**ҚҰЙМАЛА=** ет. **1.** *Сұйық затпен қайта-қайта құю.* **2.** *Балқытқан металдан құйып әшекейлеу.*

**ҚҰЙМАЛАН=** ет. сөйл. *Сұйықтықпен құйыну.*

**ҚҰЙМАЛАНУ** *Құймалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙМАЛАС** сын. *Іргелес, қанаттас.*

**ҚҰЙМАЛАУ** *Құймала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙМАЛЫ** сын. *Құйып жасалған.*

**ҚҰЙМАТАС** зат. кен. *Құм, цемент пен су араластырып, құйып біріктірілген тас; жасанды құрылыс материалы.*

**ҚҰЙМЫР** сын. *Ойнақшыған, жайнаң, ойнақы.*

**ҚҰЙРЫҚ** зат. **1.** *Жан-жануарлар денесінің арт жағында орналасқан, үстіне жүн, қыл, қауырсын шыққан мүшесі немесе дененің сүйірленген бір бөлігі.* **2.** анат. <лат. cauda> *Адам денесінің арқадан төменгі, жұмсақ бөлігі, бөксе.* **3.** *Май қоры жиналатын мүше.* **4.** ауыс. *Заттың ұшкірленіп, сүйірленіп келген шет жағы, ұшы.* **5.** кәс. *Кеменің, қайықтың кейінгі жағында бағытын өзгертіп, бұрып отыруға арналған құрылғы.*

**Құйрығы жерге тимеді [жер іскемеді].** *Зыр жүгіріп, дамыл таппады, отырмады, шаруадан қолы босамады.* **Құйрығы қоныс таппады.** *Тұрақтап отыра алмады.* **Құйрығына қоңырау байлады [ілді].** *Біреуге жала жапты, артынан сөз ілестірді.* **Құйрығына қыл батпады.** *Қатты алаңдап, мазасы кетті, тыпыршы берді.* **Құйрығына қыстырмады [ілмеді].** *Менсінбеді, елемеді, бит шаққандай көрмеді.* **Құйрығын басты.** *Жас баланың өз бетімен отыра бастауы.* **Құйрығын бұлаңдатты [бұлғаңдатты].** а) *Еркеледі, арсалаңдады.* ә) *Құлыққа басты, алдады, алдап-арбады.* **Құйрығын былғаңдатты.** *Құйрығын әрлі-берлі ирелеңдетіп иесіне еркеледі (итке қатысты).* **Құйрығын жалады.** қарап. *Жалпақтады, жағынды.* **Құйрығын қарға шанышты.** *Жерге қаратып, отырғызып кетті.* **Құйрығын қысты.** қарап. *Қорықты, жым болды, үнін өшірді; тыныш жүрді.* **Құйрығын майлады.** а) *Жаңа ие болған атын ырым ретінде жолдастарына көрсетті.* ә) этн. *Жолы болды, бақыт әкелді деп ырым қылды.* **Құйрығын сүзді [тарады].** *Бәйге атындай жаратты, баптады.* **Құйрығын сыртқа салды.** *Тайқып шыға келді, жонын көрсетті.* **Құйрығын тікті.** *Құйрығын қоқайтып көтерді, тікейтті.* **Құйрығын ұстатпады [шалдырмады].** *Құлығын асырып, қолға түспеді; түлкі бұлтаққа салды.* **Құйрығын шаншып [тігіп].** *Асыр салып, ойнақтап.* **Құйрығы шаян, беті адам.** *Арам, қара ниет.* **Құйрық атты.** *Құйрығын көкке көтерді.* **Құйрық ботқа.** этн. *Бала бес-алты айға толып, отыруға айналған кезде жасалатын ғұрып [Баланы құйрығын басып отыра бастаған кезде үстіне таза ақ шүберек жауып табаққа салынған ботқаға отырғызған болып ырымын жасайды].* **Құйрық жеу [соғысы].** көне. *Кетіп бара жатқан жаудың ең кейінгі қосының артынан, екі бүйірінен тиіп, шабуылдау.* **Құйрық пен бауыр жеді.** этн. сөйл. *Құйрық-бауыр жеді.* **Құйрық түйді.** *Бекінді, бел байлады.* **Құйрық тістесіп келді.** *Қатар жарыса, бірінің-бірі ізін баса жетті.*

**ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР** зат. тамақ. этн. *Қойдың піскен құйрық майы мен бауырынан туралып жасалған, негізінен құдаларға тартылатын дәмді тағам.*

**Құйрық-бауыр асатты.** этн. *Құда түсу дәстүріне байланысты құдаларға құйрық-бауыр жегізу ырымын жасады.*

**ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛ** зат. **1.** *Жылқының құйрығы мен жалы.* **2.** ауыс. *Сүйеніш, арқа сүйер тірек.*

**Құйрық-жалын сүзді [тарады].** *Бәйге атындай жаратып, баптады.* **Құйрық-жалын [шарт] түйді.** *Ат-көлігін сайлап, баптады, әзірледі.* **Құйрық-жалы төгілген.** *Көз сүрінгендей сұлу (жылқы).*

**ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛСЫЗ** сын. *Құйрық-жалы жоқ.*

**ҚҰЙРЫҚСЫЗ** сын. *Құйрығы жоқ, құйрығы салпимаған; шығыңқы емес.*

**ҚҰЙРЫҚТАН**= ет. *Құйрығы өсу, құйрық пайда болу.*

**ҚҰЙРЫҚТАНУ** *Құйрықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙРЫҚТАС**= ет. *Құйрық тістесу, бірінің ізін бірі басу.*

**ҚҰЙРЫҚТАСУ** *Құйрықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙРЫҚТАТ: бөдене құйрықтатты.** *Бөдененің құйрығындай етіп кесті.*

**ҚҰЙРЫҚТЫ** сын. **1.** *Құйрығы бар, құйрығы өскен.* **2.** *Құйрығы үлкен, семіз (қой).*

**Құйрықты жұлдыз.** астр. <грек. kometes> *Аспанда оқта-текте тұмандан ған нысан түрінде байқалып, жұлдыздарға қатысты орын ауыс.тыратын, орта тұсында ядросы бар аспан денесі.* **Құйрықты жұлдыз секілді.** *Жарқ етіп көзге түскен, ел назарына іліккен дарынды адам туралы айтылады.* **Құйрықты жұлдыздай ағып өтті.** бейн. *Жалт етті де жоқ болды.* **Құйрықты қой.** малшар. *Құйрығы үлкен болып келетін қылшық жүнді қой тұқымы, қазақы қой.*

**ҚҰЙТАҚАНДАЙ** сын. экспр. *Құйттай, титтей, кіп-кішкентай.*

**ҚҰЙТИ=** ет. сөйл. *Қортию, мыртию.*

**ҚҰЙТИЮ** *Құйти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙТТАЙ** сын. **1.** *Көлемі шап-шағын, титтей.* **2.** *Бойы ап-аласа, кіттей.* **3.** *Кіп-кішкентай, титтей.*

**ҚҰЙТҰРҚЫ** зат. сөйл. ***Қитұрқы.***

**ҚҰЙТЫ** сын. сөйл. ***Китұрқы.***

**ҚҰЙТЫМАНДАЙ** сын. сөйл. ***Құйттай.***

**ҚҰЙТЫМДАЙ** сын. сөйл. ***Құйттай.***

**ҚҰЙТЫҢ: құйтың етті [қақты].** *Құйтыңдады, қитың-қитың жүрді.*

**ҚҰЙТЫҢДА=** ет. *Құйтың қағу, қитыңдау.*

**ҚҰЙТЫҢДАУ** *Құйтыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙТЫРҚЫ** сын. сөйл. ***Қитұрқы.*** // *Құлығы бар, айлалы.*

**ҚҰЙТЫРҚЫЛЫ** сын. сөйл. ***Қитұрқы.***

**ҚҰЙЫ** зат. көне. *Шыңқыр жер, құдық.*

**ҚҰЙЫҚ** зат. жерг. *Судың иірімі.*

**ҚҰЙЫҚТЫР=** ет. сөйл. *Атқа қамшы басып, қатты шаптыру.*

**ҚҰЙЫҚТЫРУ** *Құйықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫЛ=** ет. **1.** *Сұйықтықтың төгілуі, ағылу.* **2.** *Балқытылып қалыпқа түсірілу.* **3.** *Үйілу, топталу, үсті-үстіне қосылу.* **4.** *Қаптап келу, ағылу, жиналу.* **5.** *Әбден пісіп, төгілу.* **6.** ауыс. *Құстың сорғалап төмен қарай зымырауы.*

**Құйылған тіл.** тамақ. *Сорпа құйылып ұйыған, пісірілген тіл.*

**ҚҰЙЫЛДЫР=** ет. *Ән-күйді құйқылжыту, тамылжыту, төгілдіру.*

**ҚҰЙЫЛДЫРУ** *Құйылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫЛМА**[1] зат. ***Құйылыс.***

**ҚҰЙЫЛМА**[2] сын. *Құйылғыш, құйылатын.*

**ҚҰЙЫЛМАЛЫ** сын. *Құйылма, құйылатын.*

**ҚҰЙЫЛТ=** ет. **1.** *Үсті-үстіне үйе түсу, қосқызу.* **2.** *Қатты екпінмен құйындата шабу.* **3.** ауыс. *Ән-күйді төгілте шырқау, орындау, құйқылжыту.*

**ҚҰЙЫЛТУ** *Құйылт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫЛУ** *Құйыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫЛЫС** зат. *Өзен-судың бір-біріне құятын жері; құйған.*

**ҚҰЙЫЛЫС=** ет. *Бірге топталу, жиналысу.*

**ҚҰЙЫЛЫСУ** *Құйылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫМШАҚ** зат. **1.** анот. <лат. coccyx> *Омыртқаның жамбаспен жалғасқан жердегі бөлігі.* **2.** этн. *Сый табаққа салынатын отбасындағы қыз балаға, не қонақ қызға ұсынылатын кәделі мүше.*

**Құйымшағынан майы шыққан.** *Өте семіз, майдан жүре алмайтын.* **Құйымшағы тесілді [ойылды].** *Көп отырды, еңбектенді.*

**ҚҰЙЫН** зат. **1.** *Ауаның жер бетінен топырақты, қарды, суды үйіре көтеріп, айналмалы қозғалып, ұйтқи соғатын екпіні қатты жел.* **2.** тех. *Техникада ауаны тазарту мақсатымен шаңды ұстау үшін немесе сулы ортада түрлі диаметрлі түйіршіктерді ірілік фракцияларға бөлуде қолданылатын құбылыс.*

**Құйын боп [болып].** *Көз ілеспей, жылдам, тез.* **Құйын соққандай.** *Ұйқы-тұйқы, астан-кестен, алай-түлей.*

**ҚҰЙЫН=** ет. **1.** *Өзіне құю, шашу.* **2.** *Суға түсу, шомылу.*

**ҚҰЙЫНДА=** ет. **1.** *Желдің ұйтқи соғып, құйынға айналуы.* **2.** ауыс. *Заулау, зымырау.*

**ҚҰЙЫНДАЙ** сын. **1.** *Құйын секілді алай-дүлей, ұйтқыған.* **2.** *Тез, шапшаң, жүйрік.*

**Құйындай ақты [жүйткіді].** *Желдей есті, жүрісіне көз ілеспеді, заулады.* **Құйындай заулатты.** *Жылдамдығына көз ілеспеді.* **Құйындай қаптады.** *Кенеттен, тұтқиылдан бас салды.* **Құйындай үйтқыды.** а) *Жүрісіне көз ілеспеді, заулап зымырады.* ә) *Ой, сезім дүниесі ойран-асыр болды, арпалысып мазаны алды.* **Құйындай ұшты [ұшырды].** *Зымырады, заулады.*

**ҚҰЙЫНДАЙЫН** сын. поэт. ***Құйындай.***

**ҚҰЙЫНДАТ=** ет. **1.** *Желдің құйынға айналып, ұйытқыта соғуы.* **2.** *Екпіндете шабу, заулату.*

**ҚҰЙЫНДАТҚЫШ** зат. металл. *Сульфидті шикізатты балқытып өңдейтін металлургия пеші.*

**Құйындатқыш оттық.** метал. *Отын мен қож тозаңдары араласқан газ-ауа ағынын спиральді қозғалысқа түсіретін оттық.*

**ҚҰЙЫНДАТУ** *Құйындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫНДАУ** *Құйында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫН-ДАУЫЛ** зат. *Топырақты, қарды көтеріп, айналдырып соққан екпінді жел, алай-дүлей дауыл.*

**ҚҰЙЫНДЫ**[1] зат. *Екі немесе одан да көп металл түрлерін қосып балқыту арқылы алынған құйма.*

**ҚҰЙЫНДЫ**[2] сын. *Құйын түрінде қозғалатын.*

**Құйынды қозғалыс.** физ. *Ұсақ бөлшектері ілгерілей орын ауыс.тыра отырып, белгілі бір лездік осьтің маңында айналыс жасайтын сұйықтықтың не газдың қозғалысы.* **Құйынды токтар.** физ. *Тұтас өткізгіштерді қиып өтетін*

*магнит ағымының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын түйықталған электр тоғы.*

**ҚҰЙЫНДЫР=** ет. сөйл. ***Құйыну.***

**ҚҰЙЫНДЫРУ** *Құйындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫН-ПЕРЕН** үст. *Жын соққандай, ала құйын болып, алды-артына қарамай, ешкімді тыңдамай.*

**ҚҰЙЫНУ** *Құйын етістігінің қимыл атауы; өзіне су құйып жуыну, шайыну.*

**ҚҰЙЫНША** үст. **1.** *Құйын құсап.* **2.** *Өте тез, жылдам, лезде.*

**Құйынша ақты.** *Өте тез жүрді, жүйткіді.*

**ҚҰЙЫНҚЫРА=** ет. *Құя түсу.*

**ҚҰЙЫНҚЫРАУ** *Құйынқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫРШЫҚ** зат. **1.** *Құйымшақтың сүйірленіп келген үш жағы.* **2.** ауыс. *Біреудің қолшоқпары, сойылын соғушысы; жағымпаз.*

**ҚҰЙЫРШЫҚТАН=** ет. *Жарамсақтану, жағымпаздану.*

**ҚҰЙЫРШЫҚТАНУ** *Құйыршықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫРШЫҚТЫҚ** зат. *Құйыршық болушылық; жағымпаздық.*

**ҚҰЙЫС=** ет. *Бірге құю, құюға көмектесу.*

**ҚҰЙЫСҚАН** зат. этн. *Ер-тоқым аттың мойнына кетпеу үшін тағылатын былғарыдан қайыспен астарлап қайып жасалатын ер-тұрман әбзелі.*

**Құйысқанға қыстырылған боқтай [боққа ұсап].** *Жөнсіз, ретсіз килікті деген мағынада.* **Құйысқанға қыстырылды.** а) *Өзіне қатысы жоқ іске, араласпайтын жерге араласты.* ә) *Қосақ арасында бос кетті, нақақ күйді.* **Құйысқан өрімі.** *Өрім өнерінің басты түрі (мұнымен бүкіл құйысқанды тұтас мәнерлеп өріп шығады).* **Құйысқан тістесті.** *Бірінің соңынан бірі қалмай келді, қалыспады.* **Құйысқаны берік.** а) *Өзіне-өзі сенімді, тұрақты.* ә) *Құмалақ ашқанда балгерлердің мал-жан аман деген мағынада айтатын сөзі.* **Құйысқаны көтерілді.** *Сапарға аттанбақшы болды, жолға шығуға бекінді.*

**ҚҰЙЫСҚАНДА=** ет. *Құйысқан тақты, құйысқан салды.*

**ҚҰЙЫСҚАНДАС=** ет. *Құйрық тістесу, қалыспау.*

**ҚҰЙЫСҚАНДАСУ** *Құйысқандас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫСҚАНДАТ=** ет. *Құйысқан тақтыру, құйысқан салдыру.*

**ҚҰЙЫСҚАНДАТУ** *Құйысқандат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫСҚАНДАУ** *Құйысқанда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЙЫСҚАНДЫ** сын. *Құйысқаны бар.*

**ҚҰЙЫСҚАНДЫҚ**[1] зат. **1.** *Құйысқанды ермен жалғастыратын ердің артқы қапталындағы шығыршық; ілмекті қайыс бау.* **2.** *Аттың құйысқан салатын жері.*

**ҚҰЙЫСҚАНДЫҚ**[2] сын. *Құйысқан боларлық, құйысқанға жарарлық.*

**ҚҰЙЫСҚАНСЫЗ** сын. *Құйысқаны жоқ, құйысқаны тағылмаған.*

**ҚҰЙЫСУ** *Құйыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰҚ**[1] [ир. خوک] зат. *Шошқа, доңыз.*

**ҚҰҚ**[2] од. *Жас баланы қорқытқанда айтылатын сөз.*

**ҚҰҚ:**[3] **құқ қылды.** тар. *Еркін жойды; іс-әрекетіне шек қойды, тыйым салды.*

**ҚҰҚАЙ** зат. **1.** *Адамды шошытатын, қорқытатын тосын көрініс, құбыжық.* **2.** ауыс. *Азап, бейнет, қиындық.*

**ҚҰҚЫ** [ар. حق] зат. сөйл. ***Қақы.***

**ҚҰҚЫҚ** [ар. حقوق] зат. сөйл. **1.** *Бір нәрсені жүзеге асырудың, әрекет етудің мүмкіндігі.* **2.** *Негіз, себеп.* **3.** *Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық, құқық.* **4.** құқық. *Қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, мемлекет тарапынан белгіленетін және қорғалатын ережелер мен заңдар жиынтығы және соны зерттейтін ғылым саласы.*

**Құқығын иеленді.** экон. *Рұқсат етілді, құқығы бар болды.* **Құқық алды.** *Заң жүзінде рұқсат, мүмкіндік алды.* **Құқық бұзылды.** ресми. *Қоғам мүшелері арасындағы қатынасты реттейтін, мемлекет тарапынан қорғалатын ахлақ нормаларынан ауытқу болды, оған қарсы әрекет жасалды.* **Құқық қорғау органы.** құқық. *Заңдылықты, құқық тәртібін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қылмысқа қарсы күрес міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар.* **Құқық нормасы.** құқық. *Құқықтық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлықтарын анықтайтын жалпыға міндетті ереже.* **Құқық социологиясы.** *Құқықтың әлеуметтік институттар жүйесінде қызмет етуін, құқықтық нормалардың динамикасы мен құрылымын, қоғамдағы рөлін зерттейтін социология ғылымының саласы.* **Құқық субъектісі.** құқық. *Заң бойынша тікелей немесе өкілі арқылы құқылар мен заңи міндеттерді (яғни, құқық субъектілігін) иеленуге және жүзеге асыруға қабілеті бар (жеке немесе заңи) тұлға.*

**ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ** зат. заң. *Қоғамға, мемлекетке, тұлғаға зиян келтіретін және заңмен жазаланатын, қоғамға жат іс-әрекет.*

**ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ** сын. құқық. *Заңды, құқық тәртібін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен байланысты.*

**ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ** зат. құқық. *Заңды, құқық тәртібін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен айналысатын маман.*

**ҚҰҚЫҚСЫЗ** сын. *Құқығы жоқ.*

**ҚҰҚЫҚСЫЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Құқықбұзушылық.***

**ҚҰҚЫҚТАНУ** зат. заң. *Заңдар, құқық жүйесі туралы білімдердің жиынтығы.*

**ҚҰҚЫҚТАНУШЫ** зат. *Құқықтану саласының маманы, заңгер.*

**ҚҰҚЫҚТЫҚ** сын. *Құқыққа қатысты, құқықпен байланысты.*

**Құқықтық жаза.** заң. *Құқыққа қайшы іс-әрекеттерді заңды түрде кінәлаудың түрі және қолданылған шара.* **Құқықтық жүйе.** заң. *Құқықтар жиынтығы.* **Құқықтық қатынастар.** *Құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар.* **Құқықтық мемлекет.** заң. *Конституциялық басқару тәртібі, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі бар мемлекет нысаны.* **Құқықтық сана.** *Адамдардың, әлеуметтік топтардың құқыққа, заңдылыққа, сот әділдігіне байланысты қалыптасқан көзқарасының, ойларының, сезімдерінің жиынтығы.* **Құқықтық саясат.** саяси. *Құқықтық әрекет аясында жүзеге асырылатын идеялар, шаралар, міндеттер мен мақсаттар, бағдарламалар, принциптер кешені, құқықтық кеңістіктегі қатынастар мен байланыстар, мүдделерді қамтитын қатынас саласы.* **Құқықтық шектеу.** *Заңға қайшы келетін әрекетті құқық арқылы тежеу.*

**ҚҰҚЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Құқыққа ие болушылық.*

**ҚҰҚЫЛЫ** сын. *Құқығы бар, құқыққа ие.*

**ҚҰҚЫЛЫҚ** сын. сөйл. ***Құқықтық.***

**ҚҰЛ** зат. **1.** *Құлдық, феодалдық дәуірде басында еркі жоқ, иесіне толық тәуелді шаруа адамы, жарлы-жалшы.* **2.** көне. *Соғыста қолға түскен тұтқын.* **3.** ауыс. *Пенде, пақыр.* **4.** ауыс. *Бір нәрсеге табынып, соған бағыныштылық.*

**Құл билеуші.** сөйл. *Құлиеленуші.* **Құл ғып ұстады.** *Зорлық-зомбылық көрсетті, құлындай жұмсады.* **Құл қамытын киді.** поэт. *Құл болды, бодан болды.* **Құл қылды [етті].** *Еркінен айырып, тәуелді етті.*

**ҚҰЛА** сын. *Сары мен жиреннің арасындағы жылқының түсі.*

**Құла ауыз.** *Өткір тілді, шешен,ділмар.* **Құла бие.** *Сары мен жиреннің арасындағы түсі бар бие.* **Құла дала [түз, жапан, медиен, мекен].** *Елсіз, иен дала.* **Құла [құба, қу медиен] дүз.** *Ен дала, елсіз-сусыз сары дала.* **Құла жирен.** *Құла мен жирен аралас жылқының түсі.* **Құла жылқы.** *Басы мен денесі жылтыр сары немесе құрым сары реңді, аяқтары мен жал құйрықтары қара, арқасынан құйрығына дейін созылған жіңішке қара жолағы бар жылқы.* **Құла кер.** *Құла мен кер аралас түс.* **Құла қасқа.** *Қасқасы бар құла түс.* **Құла төбел.** *Төбелі бар құла түс.* **Құла түз.** *Жан аяғы баспаған, елсіз дала.*

**ҚҰЛА=** ет. **1.** *Жығылу, таю, сүрініп етпетінен түсу.* **2.** *Опырылу, қирау, бұзылып қалу.* **3.** *Жата кету, сұлау.* **4.** *Биіктен төмен қарай құлдырау.* **5.** ауыс. *Тақтан айырылу, орнынан түсу, күйреу.* **6.** ауыс. *Емтиханнан, не басқа бір сыннан сүріну, өте алмай қалу.* **7.** ауыс. *Көңілі кету, ынтасы ауу.*

**Құлай бермеді.** *Қайраттанды, берік болды.* **Құлай сүйді.** *Өлердей ғашық болды, жан-тәнімен жақсы көрді.*

**ҚҰЛАБА** сын. *Көнерген, егде тартқан, қақсал.*

**ҚҰЛАҒДАР** сын. *Істің, оқиғаның мән-жайынан мағлұматы бар, хабардар, құлақтас.*

**ҚҰЛАҒЫШ** сын. *Жығылғыш, жығыла бергіш.*

**ҚҰЛАДЫН** зат. зоол. <лат. circus> **1.** *Қаршығa тұқымдасына жататын кішкене құс.* **2.** *Дене тұрқы 43,5–52,5 см, салмағы 310–550 г-дай болатын, арқасы көкшіл сұр, құйрық қауырсыны ақ сұр, көлденең жолақты, бауыры ақ, жемсауы көкшіл сұр, тұмсығы қара жыртқыш құс.*

**ҚҰЛАДЫНДАЙ**: **құладындай ұшты.** *Ынталанды, берілді.*

**ҚҰЛАЗУ** *Құлазы етістігінің қимыл атауы; көңілсіздік басу, жабырқау.*

**ҚҰЛАЗЫ=** ет. **1.** *Иесіз қаңырап бос тұру (үй, мекен, жай).* **2.** *Игерілмей, пайдаға аспай жату (жер).* **3.** ауыс. *Көңілсіздік басу, жабырқау.*

**Құлазыған [қу] дала [құлан дала].** *Елсіз айдала, құба дала.*

**ҚҰЛАЗЫТ=** ет. *Көңілсіздік орнату, жабырқату.*

**ҚҰЛАЗЫТУ** *Құлазыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАЙБЕРІС** зат. *Құлама, ылди.*

**ҚҰЛАҚ**[1] зат. **1.** анат. <лат. auris> *Адам мен омыртқалы жануарлардың есту мүшесі.* **2.** ауыс. *Баскиімнің құлақты жауып тұратын бөлігі.* **3.** ауыс. *Тұрмыстық заттардың ұстауға арналған жері, тұтқасы.* **4.** ауыс. *Музыкалық аспаптың ішегін қатайтатын немесе босататын тетігі.* **5.** кәс. *Бірнеше ауды жалғастырып ұстап тұратын дөңгелек шығыршық.* **6.** тар. *Түбіртек мағынасында.*

**Құлағы ауырлау.** *Естуі нашар, жөнді ести алмайды.* **Құлағы бітеу.** *Керең, естімейтін, естігісі келмейтін.* **Құлағы дүңгірледі.** *Әлдеқандай физикалық әсерлерден немесе құлақ мүкістене бастағанда, естілген да* ауыс. *тың күңгірлеп, дұрыс ұғынылмауы.* **Құлағы елең етті [елеңдеді].** *Көңілі бөлініп, ынта қойып тыңдай қалды, құлақ тіге қойды.* **Құлағы жаттықты.** *Ести-ести еті үйренді, айтқанға көндігіп кетті.* **Құлағы жұлынды.** *Құлағы жарақаттанды.* **Құлағы кереңдей.** *Құлағы естімейтін адамша.* **Құлағы қалқайды.** *Арықтады, азып, қатты жүдеп кетті.* **Құлағы қанды.** а) *Әбден естіп мейірленді, айызы қанды, тыңдап құмардан шықты.* ә) *Құлағына сінді, көп естіп құлағы үйренді.* **Құлағы қылтиды.** *Нобайы, жобасы көрініп қалды.* **Құлағы мақтамен тығулы.** *Керең, ештеңе естімейді.* **Құлағым бітелді.** *Естілмеді, тарс бітті.* **Құлағымды кесіп берейін.** *Бір нәрсеге, бір істің шешіміне сенімді болғанда, бәстескенде немесе кепілдік беру мәнінде айтылатын сөз.* **Құлағым [естісем] керең [тас керең] болсын.** сөйл. экспр. *Бұрынсоңды естіген емеспін деп ант-су ішуді білдіреді.* **Құлағым сенде, айта бер.** *Тыңдап тұрмын, естіп отырмын деген мағынадағы сөз.* **Құлағы мүкіс [мүкістеу, мүкіс тартты].** *Құлағының естуі нашарлады, шала еститін болды.* **Құлағына алды.**

ж е р г. *Тыңдады, ескерді, ден қойды.* **Құлағына алтын сырға.** а) *Естімей-ақ қой, мән берме деген мағынада.* ә) *Ескерсін, зейініне түйіп алсын деген мағынада.* **Құлағына енді.** а) *Естілді, құлаққа жетті.* ә) *Көңіл қойып тыңдады, ұқты, байыбына барды.* б) *Мән берді.* **Құлағына жақты [қонды].** *Айтқаны ұнады, көңілінен шықты.* **Құлағына жылы тиді.** *Жағымды естілді.* **Құлағына кірмеді [биттей кірмеді, кірген жоқ].** а) *Тыңдамады, елең қылмады.* ә) *Мән бермеді, керек қылмады.* **Құлағына қонбады.** *Айтқанды ұқпады, миына кірмеді, түсінбеді.* **Құлағына құйды.** *Есінде қалсын, ұқсын деп қайта-қайта айтты, ұмытпайтындай етіп түсіндірді.* **Құлағына құйып алды.** *Әбден ұғып алды, жадына сақтады.* **Құлағына қыстырмады.** *Тыңдамады, мән бермеді, елемеді.* **Құлағына мақта тықты.** *Естімеді, тыңдамады.* **Құлағынан ағып кетті.** *Айтқан сөзді ұмытып кетті.* **Құлағынан кетпеді [құлағында қалды].** *Да у ы с ы, айтқан сөзі есте қалды, ұмытылмады.* **Құлағынан кетірді.** *Ұмытты, құлағы тынды.* **Құлағынан күн көрінеді.** *Өте жүдеу, арық; қармаққа шаншыр еті жоқ.* **Құлағынан қиқу кетпеді.** *Үнемі сөз, ұрыс естумен болды.* **Құлағына салды.** *Ескертті, айтты, аңғартты.* **Құлағына сіңдірді.** *Үнемі айтып жүрді.* **Құлағына тиді [жетті].** *Естіді, хабарланды, хабардар болды.* **Құлағына шалынды.** *Естілді, құлаққа жетті.* **Құлағына [құлағының ұшына] шейін қызарды.** *Қатты ұялды, қысылды.* **Құлағын ашу.** *Балаға ат қойып, үш-төрт рет айқайлап, азан шақырып естірту.* **Құлағына ілмеді.** а) *Тыңдамады, естігісі келмеді.* ә) *Көңіл қоймады, ескермеді, өз дегенін істеді.* **Құлағын басты.** *Естігісі келмеді.* **Құлағын бұрады.** а) *Үгіттеп, айтқанына көндірді, мақұл дегізді.* ә) *Ұмытпасын дегендей қайта-қайта еске салды.* **Құлағын едірең-едірең еткізді.** *Құлағын тікірейтті.* **Құлағын елеңдетті.** *Құлағын қайшылады, құлағын түрді, тыңдады.* **Құлағын жымырды.** *Мал (ат, есек т.б.) құлағын артқа қарай жымқырып сес көрсетті.* **Құлағын қайшылады.** *Құлағын кезек-кезек қозғады, алма-кезек қимылдатты.* **Құлағын қатырды.** *Мазасын алып, қыңқылдай сөйлей берді, құлаққа маза бермеді.* **Құлағын сарсытты [сасытты].** *Айта-айта мезі қылды, ығыр қылды.* **Құлағын сатты.** *Тыңдағаны үшін ақы сұрады.* **Құлағын тарс бітеді.** *Назарына ілмеді, естігісі келмеді.* **Құлағын түрді [салды, тосты, төседі, тікті, бұрды].** *Елегізіп хабар күтті; сөзге көңіл аударды, ден қоя тыңдады, зейін салды.* **Құлағын шулатты.** *Біреуді әңгіме қылды, өсектеді.* **Құлағының елеңдеуі.** *Сабырсыздану, тағатсыздану.* **Құлағының етін [құрышын, құртын, құрт етін] жеді.** *Мазасын алды, мезі қылды, сөзбен ығыр қылды.* **Құлағының мүкісі бар.** *Құлағы нашар естиді.* **Құлағының шері тарқады.** *Әбден естіп, айызы қанды.* **Құлағы сарсыды.** *Бір нәрсені көп естіп, әбден жалықты, мазасы кетті, мезі болды.* **Құлағы тарс [тас] бітті.** *Түк естімей қалды.* **Құлағы терең.** с т и л ь. *Бұл жерде естігіш, саққұлақ деген мағынада қолданылған.* **Құлағы теріс біткен.** *Тыңдамайтын, елең құлмайтын кісі туралы айтылады.* **Құлағы тосаңсыды.** *Құлағына жат естілді.* **Құлағы тұнды.** *Қатты да у ы с . не у-шудан құлағы естімей қалды.* **Құлағы түрік [түріңкі, тесік].** а) *Әр нәрседен хабары бар, көңілі ояу, білімқұмар.* ә) *Саққұлақ, естігіш, тыңшы.* **Құлағы тыныш.** *Ешкім мазасын алмайды.* **Құлағы шалды [құлағына шалынды].** *Естіді, хабардар болды.* **Құлағы шулады.** а) *Біреу сен туралы, бірдеңе дедіге жоритын ырым.* ә) *Басы ауырып, құлағы шыңылдады, есінен танды, есеңгіреді.* б) *Құлаққа үні, дыбысы, да у ы с . ы келді.* **Құлағы шыңылдады.** *Есі ауып, көзі қарауытты.* **Құлағы үйренді.** *Ести-ести еті үйренді, айтқанға көндігіп кетті.* **Құлақ [сөзге құлақ] аспады [асқан жоқ, қоймады].** *Біреудің сөзіне назар аудармады, айтқанды тыңдамады.* **Құлақ асты [қойды].** *Ден қойып тыңдады, айтқанымен санасты, есептесті.* **Құлақ аурулары.** м е д . *Құлақтың сыртқы, ортаңғы және ішкі бөліктерінде кездесетін дерттер.* **Құлақ [тарс] бекіді.** *Тас керең боп, түк естімеді.* **Құлақ елеңдетер.** *Елең еткізер, бейжай қалдырмайтын (хабар, сөз т.б.).* **Құлақ естімес, көз көрмес [құлақ естіп, көз көрмеген].** *Бұрынды-соңды болып көрмеген, болмаған, кездестірмеген.* **Құлақ жарды [тұндырды].** *Даусы қатты шықты, құлақтан өтті.* **Құлақ кесері бар.** *Түрпідей тиетін, жақпайтыны болады деген мағынада.* **Құлақ кесті [кескендей].** *Құлаққа ұрған танадай, жым-жырт, тым-тырыс.* **Құлақ күйін келтірді [баптады].** *Музыкалық аспаптың құлағын бұрап, әуеніне, нәшіне келтірді.* **Құлаққа дамыл жоқ.** *Сөз тыңдаудан жалықпады, біреу сөйлеп мазасын алды.* **Құлаққа жағымды.** *Естуге үйлесімді, ұнамды.* **Құлаққа жат.** *Жағымсыз, тосын, жайсыз (дыбыс, үн туралы).* **Құлаққа жетті.** *Естілді, белгілі болды.* **Құлаққа жылы тиді.** *Жағымды естілді, көңіліне қонды.* **Құлақ қақпады.** *Аузын ашпады, ешбір сөз сөйлемеді, тып-тыныш отырды* **Құлақ қақпай.** *Қыңқ етпей, қарсылық білдірмей.* **Құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ.** *Жоқ малдың орны толу мағынасында [Ескі заманда барымта, т.б. түрде қолды болған мал орнына мал алу, санын түгелдей алу салтынан келіп шыққан].* **Құлаққа сіңген сөз.** *Үйреншікті, баяғыдан айтылып келе жатқан дағдылы, машықты сөз.* **Құлаққа сіңді.** *Құлағына құйылды, жеткізе айтылды.* **Құлаққа тақты [ілді].** *Тыңдады, зейін қойды, ескерді.* **Құлаққа талып жетті.** *Алыстағы да у ы с . , үн әрең жетті, үзіліп барып естілді.* **Құлаққа түрпідей тиді.** *Сөзі өрескел, жағымсыз естілді.* **Құлаққа ұрған танадай.** *Тып-тыныш, жым-жырт, еш нәрседен хабарсыз.* **Құлаққа шалыну.** *Естілу, құлаққа жету.* **Құлақ қашты қылды.** *Мазаны алды, тыныштық бермеді.* **Құлақ қойды.** *Ықылас қойып, тыңдады.* **Құлақ құрышы қанды [қандырды].** *Жақсы сөз, ән әбден тыңдап, айызы қанды; құмардан шықты, рақаттанды, жетесіне жеткізді.* **Құлақ нан.** ж е р г. *Еттің наны.* **Құлақ салды.** а) *Тыңдады, естіді.* ә) *Тың тыңдады.* б) *Тіл алып, айтқанды істеді.* **Құлақ сарсылтты.** с ө й л. *Құлақ сарсытты.* **Құлақ сүйінші [шүйінші].** э т н. *Қуанышты хабарға берілетін сый.* **Құлақтан азды.** *Құлағы ауырлады, мүкістенді.* **Құлақтан өтті.** *Қатты, оқыс шыққан дыбыс туралы айтылады.* **Құлақ түрісті.** *Тың тыңдады, тыңдай қалысты.* **Құлақты бітірді.** *Бітеді, бекітті.* **Құлақтың тынышын алды.** *Мазаны алды.* **Құлақ шеке.** *Адамның бір жақ құлағы мен шекесінің тұсы.*

**ҚҰЛАҚ**[2] з а т. к ә с. *Арықтағы суды жырып бөліп жіберу үшін әр жерден қойылған кішкене тоспа, бұрма.*

**Құлақ ашты.** *Суды бөгеп тұрған жерін ашып, арық-арыққа су жіберді.* **Құлақ байлау [қайыру].** *Суды бөгеу, арық-арыққа жіберетін жерді бекіту.*

**ҚҰЛАҚ**[3] з а т. к ә с. *Қырмандағы астықты қызылдағанда сұраушыларға берілетін үлес.*

**ҚҰЛАҚ**[4] [ор. кулак] з а т. с ө й л. *Батырақтардың еңбегін пайдаланатын ауқатты, бай жекеменшік шаруа.*

**ҚҰЛАҚАҒАШ** з а т. к ә с. *Қайықтың екі жақ қапталындағы кемеріне орнатылған ағаш.*

**ҚҰЛАҚАРҚАН** з а т. к ә с. *Сүзекіні мұз астынан тартып жылжытып отыруға қажетті кендір жіп.*

**ҚҰЛАҚАРЫҚ** з а т. **1.** *Жаңбырлатқыш машинаға суару желілері мен су жеткізетін гидротехникалық құрылыс.* **2.** *Суармалы егістіктегі тұрақсыз арық.*

**ҚҰЛАҚБАУ** з а т. **1.** *Бас киімнің құлақты жауып тұратын жеріне тағылатын бау.* **2.** *Доға мен тәртені бекітіп, байластыратын қайыс.*

**ҚҰЛАҚКЕСТІ** с ы н. *Еріксіз, тәуелді.*

**Құлаққесті құл [күң].** к ө н е. *Басыбайлы құл, меншіктегі малай.*

**ҚҰЛАҚКЕСТІЛІК** з а т. *Еріксіздік, тәуелділік, бағыныштылық.*

**ҚҰЛАҚКИГІШ** з а т. с ө й л. ***Құлаққап.***

**ҚҰЛАҚҚАҒЫС** з а т. *Шет пұшпақтап айтып, есіне салу, ескертпе.*

**Құлаққағыс қылды [етті].** а) *Есіне түсірді, ойына салды.* ә) *Айтар ойдың ұшын шығарды, ойын шет пұшпақтатып ескертті.*

**ҚҰЛАҚҚАЛҚАН** з а т. с ө й л. ***Құлаққап.***

**ҚҰЛАҚҚАП** з а т. *Теле- және радиобайланыс жүйелеріне қажетті дыбыстар тыңдау үшін қолданылатын құрал, аспап.*

**ҚҰЛАҚҚАТОСАР** з а т. с ө й л. *Телефон тұтқасы.*

**ҚҰЛАҚМОНШАҚ** з а т. *Құлаққа тағатын моншақтың*

**ҚҰЛАҚ-МҰРЫН** з а т. *Құлақ және мұрын.*

**Құлақ-мұрнын кесті.** *Құл қылды, адам ұрлы санамады.*

**ҚҰЛАҚСЫЗ** с ы н. **1.** *Құлағы жоқ.* **2.** *Тетіксіз, бұрандасыз.* **3.** *Шошайған ұшсыз, тұтқасыз.*

**ҚҰЛАҚТА=** е т. *Құлағынан ұстау, жармасу.*

**ҚҰЛАҚТАН**[1]**=** е т. *Хабардар болу, есту.*

**ҚҰЛАҚТАН**[2]**=** е т. *Қылқиып көріну.*

**ҚҰЛАҚТАНДЫР=** е т. *Естірту, хабардар ету.*

**ҚҰЛАҚТАНДЫРУ** *Құлақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАҚТАНДЫРЫЛ=** е т. *Хабардар етілу.*

**ҚҰЛАҚТАНДЫРЫЛУ** *Құлақтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАҚТАНУ**[1] *Құлақтан*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАҚТАНУ**[2] *Құлақтан*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАҚТАС** с ы н. *Жай-жапсарынан құлағдар, хабардар.*

**ҚҰЛАҚТАУ** *Құлақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАҚТЫ** с ы н. **1.** *Құлағы үлкен.* **2.** *Шығып тұрған ұшы, ұстайтын құлағы бар.* **3.** а у ы с. *Ұғымтал, зерек, естігіш.*

**Құлақты жарқанат.** з о о л. <лат. plecotus auritus> *Дене тұрқы 4–5 см, құлағының ұзындығы дене тұрқымен бірдейге жуық қолқанаттылар отрядына жататын үлкен сүтқоректі жануар.*

**ҚҰЛАҚТЫҚ** з а т. *Бас киімнің құлақша тұсы, құлақты жауып тұратын жері.*

**ҚҰЛАҚША**[1] з а т. **1.** *Бір заттың ұстайтын кішкене тұтқасы.* **2.** ***Құлақша қағаз.***

**Құлақша қағаз.** <франц. etiquette> *Тауарлардың бағасы және т . б. мәліметтер көрсетілетін анықтама.*

**ҚҰЛАҚША**[2] з а т. а н а т. < лат. atrium> *Жүректің қан айдайтын жоғарғы бөлігі.*

**ҚҰЛАҚШЫН** з а т. *Құлақты жауып тұратын жылы бас киім, малақай.*

**ҚҰЛАҚШЫНДЫ** с ы н. *Құлақшын киген.*

**ҚҰЛАЛА=** е т. *Алалау, бөлектеу.*

**ҚҰЛАЛАН=** е т. с ө й л. *Құла түсті болу, құла түске ену; лайлану.*

**ҚҰЛАЛАНУ** *Құлалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАЛЫ** с ы н. *Құла түсті (жылқы).*

**ҚҰЛАМА** з а т. **1.** *Таудың, жардың тік қабағы.* **2.** *Жолдың төмен түсетін жері, құлай берісі.* **3.** *Биік жартастан қуатты екпінмен төмен құлаған су; сарқырама.*

**Құлама бесін.** *Күн еңкейген, бесіннің аяққы кезі.* **Құлама жаға.** *Сырт киімге салатын жағаның түрі.* **Құлама өркеш.** т ү й е ш а р. *Түйе өркештерінің бітісіне қарай аталатын, бір жағын ала құлай қисайып жатқан өркеш атауы.*

**ҚҰЛАМАЛЫ** с ы н. **1.** *Тіп-тік, жарлы, құлама болып келген.* **2.** *Еңіс, ылди.*

**ҚҰЛАН** з а т. **1.** *Үйір-үйір болып жүретін жабайы жылқы.* **2.** з о о л. <лат. eguus hemionus> *Тақ тұяқтылар отряды, жылқы тұқымдасына жататын түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы бар, құйрығының ұшы қара жабайы жылқы.*

**Құлан аяқ.** *Өте жүйрік, жылдам жүгіретін.* **Құлан бүлкек [бүлкіл].** *Құланның желісіндей майда жүріс.* **Құлан дала [елсіз].** *Иен дала; елсіз, сусыз жер.* **Құлан жал [құйрық].** *Әдемі, төгіліп тұрған жал (құйрық).* **Құлан жүрмес [жортпас, құладын ұшпас] құла түз [құ мекен, дала, шөл].**

*Ешкім аяқ баспайтын елсіз, сусыз, шөл дала, айдала.* **Құлан құрықтап мінеді.** *Өте тың, ширақ.* **Құлан өтпес қырлар.** бейн. *Биік-биік асулар, таулар.* **Құлан таза айықты.** *Әбден сауығып, жазылып кетті.* **Құланның айғырындай. Құланның қасуына, мылтықтың [мергеннің] басуы.** *Істің орайы келгенде; сәті түскенде деген мағынада.* **Құлан түз.** *Елсіз, сусыз жер, айдала.* **Құланның құлынындай.** *Сымбатты, сұлу.*

**ҚҰЛАНДАЙ** сын. **1.** *Құлан сияқты кезбе.* **2.** *Жүйрік, ұшқыр.*

**Құландай ащы дауысты.** фольк. *Айбарлы, айбыны күшті.*

**ҚҰЛАНДАЙЫН** сын. поэт. ***Құландай.***

**ҚҰЛАНДЫ**[1] зат. *Елді мекеннің бұрынғыдан қалған орны, жері.*

**ҚҰЛАНДЫ**[2] сын. *Құлан мекен ететін жер.*

**ҚҰЛАНИЕК** үст. *Таң жаңа сыз беріп ата бастаған кез.*

**Құланиек, құлқын сәрі.** *Таң еркін атпаған, өте ерте кез.*

**ҚҰЛАНИЕКТЕ=** ет. *Таң жаңа біліне бастау.*

**ҚҰЛАНИЕКТЕН=** ет. *Рауандап таң ату.*

**ҚҰЛАНИЕКТЕНУ** *Құланиектен етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАНИЕКТЕУ** *Құланиекте етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАН-КИІК** зат. *Құлан мен киік атаулы.*

**ҚҰЛАН-КИІКТЕЙ** сын. *Құлан-киік сияқты.*

**ҚҰЛАН-КИІКШЕ** үст. *Құлан-киіктер құсап бөлініп, жан-жаққа шашырап.*

**ҚҰЛАНҚҰЙРЫҚ** зат. өс. **1.** *Сабағы түп жағынан бұтақтанып өсетін, мал жемейтін улы өсімдік.* **2.** <лат. eremosparton songaricum> *Биіктігі 40–80 см, жапырағы жарғақ қабыршақ тәрізді, гүл сағағы қысқа, тостағаншасы түкті бұршақ тұқымдасына жататын бұта.*

**ҚҰЛАНТАЗА** сын. *Кіршіксіз, адал.*

**Құлантаза арылды [жазылды, айықты].** *Әбден айықты, ауру-сырқаудан мүлде жазылып кетті.*

**ҚҰЛАНША** үст. *Құлан тәрізді, құлан құсап.*

**ҚҰЛАПАРАДАЙ** сын. сөйл. ***Құлапарадай.***

**ҚҰЛАС=** ет. *Бірге құлау, омақасу.*

**ҚҰЛАСУ** *Құлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАТ=** ет. **1.** *Жығылту, омақастыру.* **2.** *Қирату, күл-талқан ету.* **3.** ауыс. *Орнынан тайдырту, кетірту.* **4.** ауыс. *Емтиханнан не басқа бір сыннан сүріндіру, өткізбеу.*

**ҚҰЛАТҚЫЗ=** ет. *Қиратқызу, шайқалту.*

**ҚҰЛАТҚЫЗУ** *Құлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАТТЫР=** ет. *Жығылдыру, тұрған күйінен жерге түсірту, тастату.*

**ҚҰЛАТТЫРУ** *Құлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАТТЫРТ=** ет. *Жығылттырту, тұрған күйінен жерге тастаттырту.*

**ҚҰЛАТТЫРТУ** *Құлаттырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАТУ** *Құлат етістігінің қимыл атауы; жығылту, жерге түсірту.*

**ҚҰЛАТЫ** сын. *Соны, тың, бұрын ешкімнің қолы жетпеген.*

**ҚҰЛАТЫЛ=** ет. *Биіктен төмен түсірілу, құлдилатылу.*

**ҚҰЛАТЫЛУ** *Құлатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАТЫС=** ет. *Бір-бірін құлату.*

**ҚҰЛАТЫСУ** *Құлатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАУ**[1] зат. спорт. *Суға секірумен жаттыққан кезде суға дұрыс енуді үйрену үшін орындалатын жаттығу.*

**ҚҰЛАУ**[2] *Құла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жығылу, мұрттай ұшу.* **2.** ауыс. *Орнынан түсу, күйреу.* **3.** геол. *Тау жыныстарының өз салмағы әсерінен орын а у ы с. тырып көшуі.*

**ҚҰЛАУЫҚ** сын. *Құлағыш, құлай беретін.*

**ҚҰЛАШ** зат. **1.** *Иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы.* **2.** этн. *Екі қол ұшының арасындағы ұзындыққа тең өлшем.*

**Құлаш бойы.** *Бір құлаштай, құлаш созым.* **Құлаш жазды [жайды].** а) *Еркін көсіліп әрекет етті.* ә) *Жан-жақты өсті, дамыды, өркендеді.* **Құлаш жайып қарсы алды.** *Шын көңілмен қуанып қабылдады.* **Құлаш сапты.** *Ұзын сапты.* **Құлаш сермеді [созды, ұрды].** *Талпынды, ұмтылды, талаптанды.* **Құлаш созым [созба].** *Жап-жақын, қол жететіндей.* **Құлаш ұрдыры.** *Жетеледі, талпынтты.* **Құлашын кең [алысқа] тастады [сілтеді].** а) *Арындады, қарқынын үдетті.* ә) *Шешіліп, көсіліп сөйледі; тереңнен толғады.* б) *Өркендеді, дамыды, қарыштады.*

**ҚҰЛАША** зат. *Жас құла жылқы.*

**ҚҰЛАШ-ҚҰЛАШ** сын. **1.** *Ұзындығы бірнеше құлаш.* **2.** *Көп, ұзыннан-ұзақ.*

**ҚҰЛАШТА=** ет. **1.** *Құлашын керіп кең жазу.* **2.** ауыс. *Арындау, еркін көсілу.*

**Құлаштап жүзу.** спорт. *Екі қолды кезекпе-кезек ілгері созып жүзу әдісінің бір түрі.*

**ҚҰЛАШТАЙ** сын. *Ұзындығы құлаш созым.*

**ҚҰЛАШТАС=** ет. *Құлаштарын жазысу.*

**ҚҰЛАШТАСУ** *Құлаштас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛАШТАУ** *Құлашта етістігінің қимыл атауы; еркін көсілу.*

**ҚҰЛАШТЫ** сын. *Көлемді, үлкен.*

**ҚҰЛАШТЫҚ** зат. *Құлаш боларлық.*

**ҚҰЛБАЗАР** сөйл. қарап. *Жалдамалы жұмысшылардың жұмысқа жалдану үшін тұратын орыны.*

**ҚҰЛБЕТТЕН=** ет. *Қуарып, қаны қашу, өлеусіреу.*

**ҚҰЛБЫ=** ет. көне. *Құлпыру, жайнау, түрлену.*

**ҚҰЛҒАНА** зат. *Жұқпалы ауру, қауіпті жара.*

**Құлғана болғыр.** қарғ. *Құлғана ауруымен ауырғыр.*

**ҚҰЛҒАНАДАЙ** сын. *Құлғана сияқты, тәрізді.*

**ҚҰЛҒАНА-МЕРЕЗ** зат. *Құлғана, мерез сияқты жұқпалы аурулар.*

**ҚҰЛДА=** ет. сөйл. *Еңіске, ылдиға қарай жүру, қозғалу, құлдилау.*

**ҚҰЛДАЙ** сын. *Құл сияқты.*

**Құлдай істеп, бидей ішті.** *Жұмысты аянбай істеп, зейнетін көрді, ерінбей еңбек етіп, тіленбей ас ішті.*

**ҚҰЛДАН=** ет. **1.** *Біреудің еңбегін қанау, құл ету.* **2.** ауыс. *Малдану, пайдасын көру.*

**ҚҰЛДАНУ** *Құлдан етістігінің қимыл атауы; еңбегін қанау, құл ету.*

**ҚҰЛДАНУШЫ** зат. *Біреудің еңбегін қанап, езуші үстем тап өкілі.*

**ҚҰЛДАҢҚЫРА=** ет. *Құлдилай түсу.*

**ҚҰЛДАТ**[1]**=** ет. *Ылдилап жүру, құлдилату.*

**ҚҰЛДАТ**[2]**=** ет. *Құл ету.*

**ҚҰЛДАТУ** *Құлдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДАУ** *Құлда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДИ** зат. *Тау, жота, дөңес, төбе сияқты биік жерлердің құлай беріс төменгі жағы, еңіс.*

**Құлди қақты.** *Зырқырады, зыр жүгірді.*

**ҚҰЛДИЛА=** ет. **1.** *Ылдиға, еңіске, етекке қарай түсу.* **2.** *Аспаннан төмен қарай зымырау, сорғалау.* **3.** ауыс. *Кері кету, құлдырау, төмендеу.*

**ҚҰЛДИЛАТ=** ет. *Ылдиға, еңіске түсіру, құлату.*

**ҚҰЛДИЛАТУ** *Құлдилат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДИЛАУ** *Құлдила етістігінің қимыл атауы; аспаннан төменге зымырап ұшу, сорғалау.*

**ҚҰЛДУ-СҰЛДУ** зат. *Бос сөз, шатпақ, мылжың әңгіме.*

**ҚҰЛДЫҚ** зат. **1.** қоғ. *Адамзат тарихында өндіріс құралдары ретінде иесінің құлдарды жеке меншігіне айналдырып, еңбегін пайдаланып қанаудың алғашқы дәрекі түрі.* **2.** қоғ.-саяси. *Құл болушылық, қаналушылық, тәуелділік.* **3.** ауыс. экспр. *Бас иіп қостаушылық, ризалық.*

**Құлдығың болайын [кетейін].** *Садағаң кетейін, құрбаның болайын.* **Құлдыққа салды [түсірді].** *Тәуелді етті, қанады.* **Құлдық қылды [айтты].** *Жалынып-жалбарынды, бас иді, табынды.* **Құлдық психология.** саяси.-қоғ. *Отаршылдықтың, тәуелсіздіктің салдарынан қалыптасқан мінез-құлық, намыссыздық.* **Құлдық сана.** *Ұлттық сананың болмауынан субъектінің өзін ұлт ретінде сезінбеушілігі.* **Құлдық ұрды.** *Бағынды, тізе бүкті; алдында құрдай жорғалады.*

**ҚҰЛДЫҚТАП** үст. *Құлдық ұрып, бас иіп.*

**ҚҰЛДЫҚҰРУШЫЛЫҚ** зат. *Жағымпаздық, мәймөңкелік, жарамсақтық.*

**ҚҰЛДЫРА=** ет. **1.** *Төмен қарай екпінмен құлау.* **2.** *Көз ілеспей зымырау, заулау.* **3.** ауыс. *Күрт төмендеу; кейін кету.*

**ҚҰЛДЫРАҚ** сын. *Құлдыраған, құлдырауық.*

**ҚҰЛДЫР-ҚҰЛДЫР** үст. *Кішкентай баланың қалт-құлт етіп, құлдыраңдап жүгіргені.*

**ҚҰЛДЫРАҢ: құлдыраң қақты.** а) *Тез жүрді, ширақ басты.* ә) *Құтың қақты, қуақыланды.*

**ҚҰЛДЫРАҢДА=** ет. **1.** *Құлдыраң қағып жүгіру, шапқылау.* **2.** ауыс. *Құтыңдау, қуақылану.*

**ҚҰЛДЫРАҢДАС=** ет. *Құтыңдасып, қуақылану.*

**ҚҰЛДЫРАҢДАСУ** *Құлдыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДЫРАҢДАТ=** ет. *Зырылдату, зуылдату.*

**ҚҰЛДЫРАҢДАТУ** *Құлдыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДЫРАҢДАУ** *Құлдыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛДЫРАС=** ет. *Зыр қағысу, зуылдасу.*

**ҚҰЛДЫРАТ=** ет. **1.** *Төмен қарай домалату, ағызу.* **2.** ауыс. *Қажыту, еңсені басу.* **3.** *Істің нәтижесін төмендету.* **4.** ауыс. *Түкке алғысыз етіп тастау.*

**ҚҰЛДЫРАТУ** *Құлдырат етістігінің қимыл атауы; істің нәтижесін төмендету, кері тарту.*

**ҚҰЛДЫРАУ** *Құлдыра етістігінің қимыл атауы; жағдай нашарлау, төмендеу.*

**ҚҰЛДЫРАУЫШ** зат. жерг. **1.** *Дөдеге.* **2.** *Үзіктің етегінен бастырыла жүргізілетін құр, аяқбау.* **3.** *Ұзын әрі жіңішке сырғауыл тәріздес зат.*

**ҚҰЛДЫРЛА=** ет. ***Құлдыра.***

**ҚҰЛДЫРЫҚТАЙ** үст. *Құлдыр-құлдыр етіп, құлдыраңдап.*

**ҚҰЛДЫРШАҚ** зат. экспр. ***Құлыншақ.***

**ҚҰЛДЫРШЕК** зат. жерг. *Тұтқасы бар, сүт құятын кішкене ыдыс.*

**ҚҰЛЖА** зат. **1.** *Арқардың еркегі, қошқары.* **2.** *Құлжаның асығы, сақа.* **3.** ауыс. *Мәйек, таңдаулы нәрсе.*

**Құлжа мойын.** *Семіз, буқа мойын.*

**ҚҰЛЖАДАЙ** сын. **1.** *Құлжа сияқты.* **2.** *Денелі, ірі, үлкен.*

**ҚҰЛЖАЗ** зат. *Құлжаның асығы, сақа.*

**ҚҰЛЖАЛЫ** сын. *Құлжасы көп (жер).*

**ҚҰЛЖАША** үст. *Құлжа тәрізді, құлжаға ұқсап.*

**ҚҰЛЖЫҢ: құлжың қақты.** *Біреудің алдында әбігерленіп, асты-үстіне түсті, әуре-сарсаңға түсті.*

**ҚҰЛЖІЛІК** зат. анат. *Кәріжіліктен қатарлас шынтақ пен шынашақ жақтағы көземе.*

**ҚҰЛИЕЛЕНУ** зат. сөйл. ***Құлиеленушілік.***

**ҚҰЛИЕЛЕНУШІ** зат. тар. *Құлиеленушілік құрылыстағы құлдың еңбегін қанаушы үстем тап өкілі, құл иесі.*

**ҚҰЛИЕЛЕНУШІЛІК** зат. *Құлдың еңбегін қанаушылық.*

**Құлиеленушілік құрылыс.** қоғ.-саяси. *Құл еңбегін қайтарусыз, тегін, жеке меншікте пайдалануға негізделген алғашқы таптық қоғамдық-экономикалық құрылыс.*

**ҚҰЛҚ** етік. *Сұйық затты жұтқанда адам жұтқыншағының қозғалысынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚҰЛҚАЙЫР** зат. өс. <лат. malva> *Жапырақтары кезектесіп орналасқан, саусақ салалы тілінген, бөбе жапырақшалы, гүлдері дара немесе қос жынысты, жемісі бір тұқымды, бөлшектенген жемісшелер немесе қорапша болып келетін малазықтық, дәрілік, әсемдік, техникалық талшықтық бұта, ағаш, өсімдіктер тұқымдасы.*

**Құлқайыр көбелегі.** зоол. *Құлқайырда болатын желіқанатты тұқымдасқа жататын, құрт тышатын көбелек.* **Құлқайырлар тұқымдасы.** бот. <лат. malvaceae> *Жапырағы шоқтанып орналасқан, гүлі ақ, ал қызыл, қоңыр қызыл, сары түсті, көпжылдық шөптесін өсімдік тұқымдас.*

**ҚҰЛҚАЙЫРЛЫ** сын. *Құлқайыры мол өскен.*

**ҚҰЛҚАНАДАЙ** сын. *Кішігірім, кішкентай.*

**ҚҰЛҚИ=** ет. *Қылқию, сопайып тұру.*

**ҚҰЛҚУАЛДА** зат. діни. сөйл. ***Құл-ку-алла.***

**ҚҰЛҚУАЛЛА** [ар.قل هو الله] зат. діни. *Құрандағы «Ықылас» сүресінің бастапқы сөзі.*

**ҚҰЛҚҰЛ: құлқұл салды.** *Айғай-сүрен, у-шу қылды.*

**ҚҰЛҚҰС** зат. зоол. жерг. *Бақа-шаян, құрт-құмырсқамен қоректенетіндіктен еті дәмсіз, жеуге келмейтін су құстары.*

**ҚҰЛ-ҚҰТАН** зат. *Малшы-жалшы, кедей-кепшік.*

**ҚҰЛҚЫЛДАТ=** ет. *Сұйық затты құлқ-құлқ еткізіп, дыбыс шығарып ішу.*

**ҚҰЛҚЫН**[1] [ар. حلقوم] зат. *Қара бастың қамы, пайдасы.*

**Құлқын алды.** *Араны ашылды, ниеті бұзылды.* **Құлқынға құл болу.** *Жеке басының пайдасын ғана ойлау.* **Құлқын мінез.** *Тойымсыздық, ашкөздік.* **Құлқынның кірі көрінді.** *Ұятсыздығы, тойымсыздығы байқалды.* **Құлқынның құлы.** *Қара басының қамын ойлаушы; тойымсыз, пайдакүнем, ұятты ойламайтын.* **Құлқын саусақ.** *Ашкөздік, парақорлық.* **Құлқын таныды.** *Ынтасын, дітегенін, аранын байқады.* **Құлқын тар етпеді.** *Дүние жинамады, пейілі кең болды.* **Құлқыны аңсады.** *Армандады, ашкөзденіп, қомағайланып, көп нәрсені қамтығысы келді.* **Құлқыны ашылды.** *Ашкөзденді, араны ашылды.* **Құлқыны бүлк-бүлк етті.** *Бірдеме дәметті, қамтып қалғысы келді.* **Құлқыны жаман.** а) *Ындыны бұзық, нысапсыз, қанағатсыз.* ә) *Ашқарақ, қомағай.* **Құлқыны құрғыр.** *Нәпсісі «бар болғыр» деген мағынада.* **Құлқыны құрыды.** *Дәметті, бір нәрсе алып қалғысы келді, ындыны ауды.* **Құлқынын құрты.** *Құлқынын тесті, есін кетірді.* **Құлқынынан өткізіп жіберді.** *Жеп қойды, арам жолмен өзіне пайда қылды.* **Құлқынына тықты.** *Пара берді, үнін өшірді, аузын алды деген мағынада.* **Құлқынын ашты.** *Аранын ашты, тойымсызданды.* **Құлқынын құрт тесті.** *Бір нәрсенің құмары қысты.* **Құлқынын құртты.** *Көкейін тесті, аңсары ауды.* **Құлқынын ойлады.** *Өз пайдасын есептеді, қара басының қамын жеді.* **Құлқынын сезді.** *Арам ойын, ашкөздігін байқады.* **Құлқыныңа құм құйылсын [құлқының құрғыр].** қарғ. *Ындының құрысын, тамағыңа тас тығылсын.* **Құлқыны үшін арын сатты.** *Қара басының пайдасы үшін адамдықты ұмытты.*

**ҚҰЛҚЫН**[2] зат. *Құтанның мойыны.*

**ҚҰЛҚЫН**[3]: **құлқын сәрі.** *Таң жаңа сыз беріп атып келе жатқан кез.*

**ҚҰЛҚЫНДАЙ** сын. *Ашкөз, қомағай.*

**ҚҰЛҚЫНДАС** сын. *Жең ұшынан жалғасқан, жемтіктес.*

**ҚҰЛҚЫНДЫ** сын. *Құлқыны бар, бір нәрсеге дәмесі бар.*

**ҚҰЛҚЫН-КЕҢІРДЕК** зат. *Дауыс., дауыс. желбезегі.*

**ҚҰЛҚЫНҚҰМАР** сын. *Қара басының қамын, пайдасын ойлаушы, жемқор, қомағай. // Жемқор, парақор адам.*

**ҚҰЛҚЫНҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Қара басының қамын ойлаушылық, жемқорлық, нысапсыздық.*

**ҚҰЛҚЫН-ТАМАҚ** зат. *Жемқор, парақор.*

**ҚҰЛҚЫНШЫЛ** сын. *Жемқор, пайдақор, парақор, құлқынқұмар.*

**ҚҰЛЛИ** [ар. كل] зат. сөйл. *Күллі, бүкіл, барлық.*

**ҚҰЛМАҚ** зат. өс. <лат. humulus> ***Сиыр-бүлдірген*** *(тау бөктерінде, өзен бойында, сай жыраларда, бұта арасында шырмалып өсетін ұзын сабақты, жемісі сыра ашытуға, дәрі дайындауға пайдаланылатын көпжылдық өсімдік).*

**ҚҰЛМАҚАНДЫ** сын. *Өсімдігі мол.*

**ҚҰЛМАҚША** үст. *Құлмаққа ұқсап.*

**ҚҰЛМАН: құлманы ашылды.** *Арты ашылып, ұятты, масқара болды.*

**ҚҰЛМАНБЕС** зат. өс. жерг. *Құмда өсетін басы ақ, жұмсақ өсімдік.*

**ҚҰЛМАНКӨДЕ** зат. өс. жерг. *Құмды жерде тырбиықтау болып өсетін өсімдік.*

**ҚҰЛМЕНЕК** зат. өс. *Жапырағы үш тармақты, гүлі ақ, хош иісті, тәтті жидегі бар көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚҰЛМІНЕЗ** сын. сөйл. *Бұқпантайлаған, жасық, өзіндік пікірі жоқ (адам).*

**ҚҰЛПАЙЫС** зат. жерг. *Аңшылардың ыдысы.*

**ҚҰЛПЕРЕН** үст. жерг. *Жапа-тармағай.*

**ҚҰЛПЫ**[1] зат. **1.** *Өңі құлпырып тұратын жібек мата. // Құлпыдан тігілген киім.* **2.** *Сырттан киетін жібектен істелген шапан.* **3.** ауыс. *Құлып, құпия, сыр.*

**ҚҰЛПЫ**[2] зат. сөйл. ***Құлпытас.***

**ҚҰЛПЫЛАН=** ет. *Жылтырау.*

**ҚҰЛПЫЛЫ** сын. *Құлпы бар.*

**ҚҰЛПЫНАЙ** зат. өс. <лат. fragaria moschata> **1.** *Жапырағы үш тармақты, гүлі ақ, хош иісті, көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің қызыл, тәтті, бүртік-бүртік жидегі.*

**Құлпынай тосабы.** тамақ. *Құлпынай жидегінен қант қосып қайнатқан, аса тәтті, хош иісті, құрамында қышқылы аз болатын тосап.*

**ҚҰЛПЫНАЙДАЙ** сын. *Құлпынай сияқты.*

**ҚҰЛПЫР=** ет. **1.** *Неше түрлі түспен құбылу, жайнау, түрлену.* **2.** *Жайқалу, табиғаттың әсем түрге енуі.* **3.** ауыс. *Әдемілігімен, көркімен көз тарту, сұлулану, сымбаты келу.* **4.** ауыс. *Гүл-гүл жайнау, жүзі бал-бұл жану.* **5.** *Жалт-жұлт ету, жалтылдау.* **6.** *Желкілдеу, өсу, өркендеу (жастар туралы).* **7.** ауыс. *Дегеніне жетіп, масаттану.*

**ҚҰЛПЫРҒЫШ** сын. **1.** *Неше түрлі болып құбылғыш, түрленгіш.* **2.** ауыс. *Айнығыш, өзгергіш.*

**ҚҰЛПЫРМА** сын. *Жалт-жұлт еткен, жалтылдаған.*

**ҚҰЛПЫРМАЛАР** зат. геол. *Белгілі бір бағалы қасиетімен (жоғары дәрежелі қаттылық, мөлдірлік, әдемі түс немесе түрлі түстердің құлпыра астасуы, жылтырлық, жарықты шашырату қабілеті, қырлауға не өңдеуге төзімділік т.б.) сипатталатын мейлінше мөлдір түсті және түссіз асыл яки әшекей минералдар мен таужыныстардың жалпылама атауы.*

**Құлпырма тас.** *Жарқ-жұрқ етіп тұратын асыл тас.*

**ҚҰЛПЫРМАЛЫ** сын. **1.** *Жарқыраған, жарқ-жұрқ еткен.* **2.** ауыс. *Құбылмалы, өзгермелі.*

**ҚҰЛПЫРТ=** ет. **1.** *Желкілдету, сусылдату (шаш).* **2.** *Жайнату, құбылту, әсемдеу, көркейту.* **3.** *Жақсарту, әдемілеу.* **4.** *Шашу, тигізу.*

**Құлпырта суреттеді.** *Оқиғаны, біреудің сырсипатын көркем тілмен ерекше етіп баяндап берді.* **Құлпыртып жіберді.** *Жайнатты, жалтыратты.*

**ҚҰЛПЫРТҚЫЗ=** ет. *Неше түрлі етіп өзгерту.*

**ҚҰЛПЫРТҚЫЗУ** *Құлпыртқыз етісті-гінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛПЫРТУ** *Құлпырт етістігінің қимыл атауы; жайнату, көркейту.*

**ҚҰЛПЫРТУШЫ** сын. *Өзгертуші, жайнатушы.*

**ҚҰЛПЫРУ** *Құлпыр етістігінің қимыл атауы; жайнау, жақсару.*

**ҚҰЛПЫРУЛЫ** сын. *Құлпырмалы, құбылмалы.*

**ҚҰЛПЫРЫН=** ет. *Құлпыру, гүлдену.*

**ҚҰЛПЫРЫНУ** *Құлпырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛПЫРЫС** зат. *Ажарлану, жақсарушылық.*

**ҚҰЛПЫТАС** зат. этн. *Қабір басына орнатылатын ескерткіш тас.*

**Құлпытас орнатты.** *Белгілі қоғам, ұлт қайраткерлерінің моласына құлпытас қойды.*

**ҚҰЛПЫТАСТАЙ** сын. **1.** *Құлпытас сияқты.* **2.** *Тастай, мықты, берік.*

**ҚҰЛТА** зат. *Ішіне сақтаған сыр, құпия.*

**ҚҰЛТАБАН** зат. зоол. *Балықтың түрі.*

**ҚҰЛТАНАҚ** зат. *Тістің шіріп кеткен қалдығы.*

**ҚҰЛТАНСЫЗ** сын. *Еш нәрсесіз, түксіз, құр қол.*

**ҚҰЛТЕМІР** зат. сөйл. *Бірыңғай және адам өміріне қауіпті жұмыстарды адам орнына атқара беретін темірден жасалған, автоматтандырылған құрылғы.*

**ҚҰЛТИ=** ет. *Қылтию, өзіне шап-шақ қылып таза киіну.*

**ҚҰЛТҰҒЫР** зат. жерг. *Шабан, жуас ат.*

**ҚҰЛТЫЛДА=** ет. *Ойнақ қағу, ойнақшу.*

**ҚҰЛТЫЛДАУ** *Құлтылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛТЫМ: құлтым балық.** жерг. *Кішкене балық, шабақ балық.*

**ҚҰЛТЫРАҢДА=** ет. жерг. *Құлық ету.*

**ҚҰЛТЫШ** зат. жерг. *Табан балықтың кішкенесі.*

**ҚҰЛФЫНДАЙ** сын. ескікіт. ***Құлпыдай.***

**ҚҰЛША** үст. *Құл секілді, құл құсап.*

**ҚҰЛШАР** зат. көне. *Құлдың баласы.*

**ҚҰЛШОҚЫН** зат. жағымсыз. *Шоқынған құл.*

**ҚҰЛШЫ** зат. көне. *Құлдарды сатушы, сатып алушы адам.*

**ҚҰЛШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Құлдық, өмірін құлдықта өткізушілік, тәуелділік.* **2.** діни. *Құдайға сиыну, діни парызын өтеушілік.* **3.** ауыс. *Рақым, рақымшылық.*

**Құлшылық ету.** *Алла тағалаға жалбарыну, сиыну.* **Құлшылық көрді.** *Бейнет, азап, құлдықпен өмір сүрді.* **Құлшылық қылды [етті, ұрды].** діни. а) *Құдайға сиынды, Алла тағалаға жалбарынды.* ә) экспр. жақтырмау. *Біреуге бас ұрды, табынды, көзсіз бас иді.*

**ҚҰЛШЫЛЫҚСЫЗ** үст. *Құлшылық етпей.*

**ҚҰЛШЫН=** ет. **1.** *Бір нәрсеге ынтамен, ықыласпен жігерлене кірісу; жанын сала ұмтылу.* **2.** *Екі білегін түрініп, дайын екенін білдіру. // Асығып, апыл-ғұпыл.* **3.** *Бар ниетін, ынта-шынтасын салу. // Бар пәрменімен, жақсылап тұрып.*

**Құлшына кірісті.** *Белсене, ынта-шынтасымен атсалысты.*

**ҚҰЛШЫНДЫР=** ет. *Бір нәрсеге жігерлендіру. // Жандырып, төпелетіп.*

**ҚҰЛШЫНДЫРТ=** ет. *Бір іске жігерлендіру.*

**ҚҰЛШЫНДЫРТУ** *Құлшындырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛШЫНДЫРУ** *Құлшындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛШЫНТ=** ет. **1.** *Бір нәрсеге жігерлендіре кірістіру.* **2.** *Ынтықтыру, ынталандыру.*

**ҚҰЛШЫНТТЫР=** ет. *Бір іске ынта-жігермен кірістіру.*

**ҚҰЛШЫНТТЫРУ** *Құлшынттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛШЫНТУ** *Құлшынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛШЫНУ** *Құлшын етістігінің қимыл атауы; ынталану, жігерлену.*

**ҚҰЛШЫНУШЫ** зат. **1.** *Құмар адам, құмартушы.* **2.** *Бір іске белсене қатысушылар.*

**ҚҰЛШЫНЫС** зат. *Ұмтылыс, талпыныс, талап.*

**Құлшыныс білдіру**. *Талаптану, қызығу, ынтасы ауу.* **Құлшыныс танытты**. *Ынта-жігері ауды, неге болса да дайын екенін білдірді.*

**ҚҰЛШЫНЫС=** ет. *Ұмтылысу, ынта білдірісу.*

**ҚҰЛШЫНЫССЫЗ** сын. **1.** *Талпыныссыз, ұмтылыссыз, талапсыз.* **2.** *Ықылассыз, пейілсіз.*

**ҚҰЛ-ШЫПЫР** сын. *Бірінен соң бірі ілескен,ұпір-шұпір.*

**ҚҰЛЫБАС** зат. *Шабындықта кездесетін қыр шөбі, көпжылдық өсімдік.*

**ҚҰЛЫҚ**[1] [ар. خلق] зат. **1.** *Адамның мінез-құлқын, ойын, пікірін білдіретін психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы; мінез.* **2.** *Өз қара басының қамы, өз пайдасы.*

**Құлқы бұзық**. *Ойы, тәртібі ахлақ нормасына қайшы, сотанақ.* **Құлқы қатқан.** бейн. *Мінезі қатты; қаныпезер, аяусыз.* **Құлқы сүймеді [соқпады].** *Ұнатпады, көңілі қаламады.* **Құлқы таза.** *Көңілі ақ, ниеті дұрыс.* **Құлқы шаппады.** *Ниетіне жете алмады.* **Құлық танытты**. *Сыңай көрсетті, мінезін білдірді.*

**ҚҰЛЫҚ**[2] зат. *Құлақтың шеміршекті бөлігіндегі май бездерінен бөлінетін сарғыш түсті секрет, уақытында тазаламаса, қатып қалатын зат.*

**ҚҰЛЫҚ**[3] зат. вет. *Қойдың бақай безінің ісінуінен пайда болатын кесел.*

**ҚҰЛЫҚ-МІНЕЗ** зат. сөйл. *Ділі, ойы, санасы, мінез-құлық.*

**ҚҰЛЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Ынтасыз, ықылассыз.* **2.** *Немқұрайды, селқос.*

**ҚҰЛЫҚСЫЗДАУ** сын. *Ынтасыздау, ықылассыздау.*

**ҚҰЛЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Ынтасыздық, сүлесоқтық; қалай болса, солай қараушылық.*

**ҚҰЛЫҚТАН=** ет. *Ынталану, ниеті ауу.*

**ҚҰЛЫҚТАНУ** *Құлықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫҚТАС** сын. *Құлқы бір, мінездес.*

**ҚҰЛЫҚТЫ** сын. **1.** *Ынталы, ынтық.* **2.** *Мінезді, сипатты.*

**ҚҰЛЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Ынталылық, ниеті барлық.*

**ҚҰЛЫҚ-САНА** зат. *Сана-сезімі, ойы.*

**ҚҰЛЫН** зат. **1.** *Жылқының алты айға дейінгі төлі.* **2.** ауыс. *Кішкентай ұрпақ, жас жеткіншек.* **3.** ауыс. *Адам баласының жас кезі, жасөспірім, жеткіншек.* **4.** экспр. *Баланы жақсы көріп еркелету мәнінде айтылатын қаратпа атауыш.*

**Құлын дауыс..** *Шырылдаған, шыр-шыр еткен, жан айқай.* **Құлындағы даусы құраққа шықты [барды, құлаққа келді].** *Шыңғырған даусы жер жарды, қатты айғайлады, қатты шыңғырды, жан даусымен айқайлады.* **Құлындағы сақау, құнандағы тісеуін айтты.** *Дәнеңе қалдырмай, өткен-кеткен ескі дауларын түк қалдырмай тізді, түп-түгиынымен айтты, бар кінәні артып, теріп, үйіп-төкті. Жан даусы шығып, айқайлады.* **Құлын еміздігі.** *Құлын туған соң таңдайының астынан түсіп қалатын жұмсақ без.* **Құлын жақы.** *Құлын терісінен, түгін сыртына қаратып тігілген сырт киім.* **Құлын жарғақ.** а) *Жүнін сыртына қаратып, жұқалау етіп иленген құлын терісінен тігілген тон, сырт киім.* ә) *Құлынның көктемгі терісі.* **Құлын жас.** *Өрімдей, уыздай жас.* **Құлын жүрек.** бейн. *Жас, жеткіншек, бозбала.* **Құлын құйрықтанды.** *Сирек шашақты.* **Құлын қымыз.** этн. *Ашығанына бір тәулік асқан жаңа қымыз.* **Құлын мүше**. а) *Бабына келген жорғаның сыны.* ә) *Дене бітімі сымбатты, балғын дене (жас қыз туралы).* **Құлын мүшесі бұзылмаған [мүшелі].** *Уыздай жап-жас, балғын.* **Құлын салды.** а) малшар. *Биені сауар алдында идіру үшін құлынын еміздi.* ә) *Құлын туды.* **Құлын тастады.** *Бие іш тастады, құлыны өлі туды.* **Құлын тұяқ жамбы.** *Үлкендігі құлын тұяғындай жамбы.*

**ҚҰЛЫНДА**[1]**=** ет. *Биенің құлын туруы.*

**Құлындаған биеден құдықтағы су артылмайды.** *Жаңа босанған әйелдің сұйық асқа (сорпа, су, шай т.б.) құмар болатындығы жайында.*

**ҚҰЛЫНДА**[2]**=** ет. сөйл. ***Құлынымда.***

**ҚҰЛЫНДАЙ** сын. **1.** *Сүйкімді, тартымды, жақын.* **2.** *Құлын сияқты, құлындікі тәрізді. // Кішкентай күнінен.*

**Құлындай ойнады [ойнақтады].** *Кутың-дап құлдыраң қақты; ойнақтады.* **Құлындай ойнап шыға келді.** *Құлантаза айығып, сергіп кетті; жайраң қағып, құлпырып, қоң жинап алды.* **Құлындай тебісіп өсті.** *Кішкентайынан бірге жүріп, қатар өсті.* **Құлындай шұрқырасты.** *Қуана қауышты.* **Құлындай шыңғыртты.** *Жан даусын шығарды, жанына батырды.* **Құлындай шырқырады [шыңғырды].** *Қатты айқайлады, жан даусы шықты.*

**ҚҰЛЫНДА-ҚҰЛЫНЫ**: **құлында-құлыны шықты.** *Жан даусы шықты, жанына қатты батты, айқайлады.*

**ҚҰЛЫНДАТ=** ет. *Биені құлын туғыздырт.*

**ҚҰЛЫНДАТУ** *Құлындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫНДАУ** *Құлында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫНДЫ** сын. *Құлыны бар, құлын ерткен (бие). // Құлынды бие.*

**Құлынды шыныаяқ.** жерг. *Тәрелкелі, кружкалы, шыныаяқ атауы.*

**ҚҰЛЫНСЫЗ** сын. *Құлыны жоқ.*

**ҚҰЛЫНТАЙ** зат. экспр. *Құлын атауының еркелеткенде, жақсы көргенде айтылатын кішірейткіш түрі, жылқының жас төлі.*

**ҚҰЛЫН-ТАЙ** зат. *Құлын мен тайдың топ атауы.*

**ҚҰЛЫН-ТАЙДАЙ** сын. *Тату-тәтті, бірге жүріп, бірге өскен.*

**Құлын-тайдай айқасты [алысты, тебісті]**. *Жұбын жазбай, жастық шақтың қызығын бірге көрді, асыр салып ойнап-күлді.* **Құлын-тайдай шапқылап.** бейн. *Ышқынып, қайда барарын білмей.* **Құлын-тайдай шұрқырасты.** *Қуана қауышты.*

**ҚҰЛЫНТАЙЫНАН** үст. *Кішкентай кезінен, бала күнінен.*

**ҚҰЛЫНША** үст. *Құлын секілді, құлын құсап.*

**ҚҰЛЫНШАҚ** зат. **1.** *Жылқы төлінің туғаннан бастап желіге байланғанға дейінгі атауы.* **2.** экспр. *Құлынның сүйкімділігіне, әдемілігіне қарай еркелетіп, жақсы көріп, еміреніп айтылған атау.* **3.** ауыс. *Жас балаға еркелетіп айтылатын сөз.*

**ҚҰЛЫНШАҚТАЙ** сын. *Құлыншақ сияқты сүйкімді; жап-жас, балғын, қимас.*

**ҚҰЛЫНЫМДА=** ет. эмоц. **1.** *Жақсы көріп еміреңу, елжіреу.* **2.** *Өлген баласын жоқтап жылау.*

**ҚҰЛЫП**[1] зат. **1.** *Есікті, т.б. бекітіп қоюға арналған, кілтпен жабылып-ашылатын құрал.* **2.** инф. <ағыл. lock> *Белгілі бір объектіге, мәліметтерге қатынас құруды басқару үшін пайдаланылатын программа немесе код.*

**Құлпы берік қақпасы еді.** *Сенімді адам.* **Құлып астында ұсталды.** *Жасырын, елдің көзінен таса қойылды.* **Құлып салды.** *Құлыппен есіктің аузын кілттеді.* **Құлыпты алып тастау.** инф. <ағыл. removal of the lock> *Программаның қалып-күй сөзіндегі жадты қорғау кілтінен бетпердені алып тастау.*

**ҚҰЛЫП**[2] зат. *Түрме, абақты, қамау.*

**ҚҰЛЫП**[3] зат. сөйл. ***Клуб*** *(ауылдық жерлерде концерт, қойылым т.с.с. көрсететін, мәдени-ағарту мекемесі).*

**ҚҰЛЫПЕРЕН** үст. ***Құныперен*** *(әбігерленген, бей-берекет іс, қимыл).*

**ҚҰЛЫПСЫЗ** сын. *Құлпы жоқ.*

**ҚҰЛЫПТА=** ет. **1.** *Құлып салу, бекіту.* **2.** ауыс. *Ешкімге сездірмей, құпия сақтау.* **3.** инф. *Бірнеше тұтынушысы бар жүйелерде белгілі бір объектіні басқаларға бермеу, оны пайдалануға рұқсат етпеу; тосқауыл қою, тежеу, мыс., (пернелерден) келетін барлық сигналдарды қабылдамау.*

**ҚҰЛЫПТАЙ** сын. *Құлып сияқты, құлып тәрізді.*

**ҚҰЛЫПТАЛ=** ет. *Құлып салыну, бекітілу; қамалу.*

**ҚҰЛЫПТАЛУ** *Құлыптал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫПТАН=** ет. *Құлып салыну.*

**ҚҰЛЫПТАНУ** *Құлыптан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫПТАТ=** ет. *Бекіту, құлыпқа жаптыру.*

**ҚҰЛЫПТАТТЫР=** ет. *Жаптырту, құлып салдырту.*

**ҚҰЛЫПТАТТЫРУ** *Құлыптаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫПТАТУ** *Құлыптат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫПТАУ** *Құлыпта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЛЫПТАУЛЫ** сын. *Құлып салынған, бекітулі.*

**ҚҰЛЫПТЫ** сын. *Есігінде құлып бар, құлыптаулы.*

**ҚҰМ** зат. **1.** *Түрлі минералдар мен таужыныстардан тұратын өте майда түйіршікті борпылдақ, шөгінді жыныс.* **2.** *Құмайт, шөл жер.* **3.** *Түйіршікті, борпылдақ, шөгінді жыныс басқан жер, топырақ.*

**Құм барқыны.** *Бұтасы мен жантағы, алуан түрлі шөбі аралас өскен құм жағалауындағы шұйгінді жер.* **Құм боран.** *Құмды, топырақты суырып, құтқи соғатын боран.* **Құм бұлау.** көне. *Шапталғы, ыстық балшыққа, құмға оранып жату немесе қыздырылған балшықты жалаңаш денеге жағып, күн сәулесіне қыздырынып терлеу.* **Құм бұлауға салды.** *Ыстық құмға салып емдеді.* **Құмға сіңген жылғадай.** *Еңбегі бағаланбай, елеусіз қалу жайлы.* **Құмға шыққан құрақтай.** *Қоқырайған, қомпиған.* **Құм дақылы.** ауылшар. *Құмда өсетін мәдени дақылдар.* **Құмды судай сапырды.** *Аянбай күш жұмсады, еңбектенді.* **Құм діңгектер.** геол. *Борпылдақ таужыныстардың желден жемірілуінен қалыптасатын жербедер нысандары.* **Құм еркекшөбі.** өс. <лат. fragile> *Сібір бидайығы бидайық туысына жататын өсімдік түрі.* **Құм жілік болды.** *Арыды, жүдеді.* **Құм керуендеді.** поэт. *Құм көшті.* **Құм жуасы.** өс. *Құмда өсетін пияз.* **Құм кесек.** *Кішкене, тас сияқты қатқан құмнан тұратын кесектер.* **Құм кешті**. *Құммен жалаңаяқ жүрді.* **Құм қапты.** *Түгі қалмады, құр қол қалды.* **Құм қараған.** өс. *Құмды жерлерде өсетін қараған түрі.* **Құм қиыршық.** *Майда құм, тастар.* **Құм қорған.** көне. *Құмнан жасалған қорған.* **Құм мінез.** *Айнымалы, тұрақсыз.* **Құм өткел.** *Өзеннің құмды, таяз, арғы бетке өтуге ыңғайлы жері.* **Құм салаубасы.** өс. <лат. helichrysum arenarium> *Күрделігүлділер тұқымдасы салаубас туысына жататын көпжылдық дәрі шөп.* **Құм төбе.** *Қалың құм үйілген төбе.* **Құм төсі.** бейн. *Құм, далалық жер.*

**ҚҰМА** зат. көне. **1.** *Күң; шапқыншылықта қолға түскен әйел.* **2.** *Ханның соғыста жеңіп, жаулап алған жақтан (ұлыстан) әмірші әулетінен әйел ретінде некесіз алған қатын-қыздары.*

**Құмадан құл.** *Күңнің баласы.*

**ҚҰМАЙ**[1] зат. **1.** *Тазының, иттің ең жүйрік, шалымды түрі.* **2.** *Жүйрік ат.*

**Құмай ала [ат, торы].** *Мініске төзімді, жүйрік ат.* **Құмай иттей.** а) *Жүйрік, алғыр тазы, ит сияқты.* ә) *Аңкөс, жабайыланып кеткен ит тәрізді.* **Құмай көз.** *Құмайдың көзі сияқты әдемі көз.* **Құмай көңіл.** поэт. *Жүйрік көңіл, ұшқыр қиял деген мағынада.* **Құмай тазы.** *Тазының ең жүйрік, алғыр түрі.*

**ҚҰМАЙ**[2] зат. зоол. <лат. Gyps himalayensis> **1.** *Биік, таулы жерлерді мекендей-*

*тін ірі жыртқыш құс.* **2.** *Басы мен мойны ұлпілдек, сирек мамықты, құйрығының үстіңгі жағы аппақ, бауыры ақшылдау, қанатының асты ақ, жемсау үстіндегі дағы реңсіз, көзі қоңыр, аяқтары сұп-сұр, тырнақтары қара болып келетін, өлекселермен қоректенетін құс.*

**ҚҰМАЙ[3]** зат. өс. <лат. sorghum pers> *Тары тәріздес көпжылдық арамшөп.*

**Құмай құрай**. өс. *Төрт түлік түгел жейтін, қадау өсетін, тегінде сырт беті ошағанға ұқсап кететін өсімдік.*

**ҚҰМАЙДАЙ** сын. *Құмай сияқты.*

**ҚҰМАЙЛА=** ет. *«Құмай-құмай» деп айқайлап шақыру.*

**ҚҰМАЙЛЫҚ** зат. *Құмай иттің алғырлығы, желге жеткізсіз жылдамдығы.*

**ҚҰМАЙРЫҚ** зат. *Құмдауыттың басталатын жері; құмайт.*

**ҚҰМАЙТ** зат. *Құмды жер, құмдауыт.*

**Құмайт пелит [лай].** геол. *Құрамында 50-70% пелит (лай) фракциясы бар шөгінді.*

**ҚҰМАЙТТАН=** ет. *Құмдауыттану, құмды жерге айналу.*

**ҚҰМАЙТТАНУ** *Құмайттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАЙТТАС** зат. геол. *Құрамының 50 %-дан артығы ірілігі 0,01-0,1 мм сынық түйірлерінен тұратын, керіштелген шөгінді таужыныс.*

**ҚҰМАЙТТЫ** сын. *Құмдауытты, құмды (жер).*

**Құмайтты шөгінділер.** *Құрамында өлшемі 0, 01-0, 1 мм бөлшектер басым шөгінділер.*

**ҚҰМАЙЫҚ** зат. көне. ***Құмай*** *(ірі жыртқыш құс).*

**ҚҰМАҚ[1]** зат. сөйл. *Құмдауыт, құмдақ.*

**ҚҰМАҚ[2]** зат. өс. *Құмды жерге өсетін бұта.*

**ҚҰМАҚ[3]** зат. *Ескі шөптің басын немесе құрғақ шөпті жеп, суды аз ішкен жылқының құмалақ сияқты шашылып түскен тезегі.*

**Құмақ тезек**. жерг. *Жылқының күнге кепкен тезегі.*

**ҚҰМАҚҚАТА** зат. *Құрғақ шөп жеп, суды аз ішкеннен іші жүрмей қалатын жылқы ауруы.*

**ҚҰМАҚТАТ=** ет. *Құмақты жермен жүру.*

**ҚҰМАҚТАТУ** *Құмақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАҚТАУ** сын. *Құмдауыттау, құмайттау.*

**ҚҰМАҚТЫ** сын. *Құмағы көп.*

**ҚҰМАЛАҚ[1]** зат. **1.** *Қой, ешкі, түйе, қоян сияқты жануарлардың ұзік-ұзік, домалақтанған қиы, тезегі.* **2.** этн. *Бал ашып, болашағын болжауда қолданылатын қой-ешкінің кепкен 41 құмалағы.*

**Құмалақ ашқызу.** этн. *Құмалақпен сәуегейлік жасату, бал аштыру.* **Құмалақ ашты [салды, тартты].** этн. *41 құмалақпен сәуегейлік жасады, болашағын болжады.* **Құмалақ ашу.** этн. *Құмалақ салып бал ашу, сәуегейлік айту.* **Құмалақ дорба.** *Құмалақ ашуға арналған 41 тас салынатын кішкентай қалта.* **Құмалақ тәртібі.** *Құмалақ тартудың 2 қайтара салу заңы, ережесі.* **Құмалақ тізбесі.** *Құмалақ тартуда үш қатарға үш реттен орналастырылған қалдық тас.*

**ҚҰМАЛАҚ[2]** зат. спорт. *Тоғыз құмалақ ойынының тастары.*

**ҚҰМАЛАҚҚАТА** зат. вет. *Малдың жеген жем-шөбінің тоқ ішекте кідіріп, тұрып қалуынан болатын ауру түрі.*

**ҚҰМАЛАҚ-ҚҰМАЛАҚ** сын. *Үлкендігі құмалақтай.*

**ҚҰМАЛАҚТА=** ет. *Құмалақ тастау.*

**ҚҰМАЛАҚТАЙ** сын. **1.** *Құмалақ сияқты, құмалақ түрінде.* **2.** *Кішкентай, ұсақ, майда.*

**Құмалақтай шашылды.** *Басы бірікпей, бытырап кетті.*

**ҚҰМАЛАҚТАУ** *Құмалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАЛАҚША** үст. *Құмалақ секілді.*

**ҚҰМАЛАҚШЫ** зат. *Құмалақ тартып, болжаушы адам.*

**ҚҰМАЛАҚШЫЛ** сын. *Құмалақ ашуға, аштыруға әуес.*

**ҚҰМАН** зат. этн. *Қолға су құюға арналып шойыннан, мыстан істелген, тұтқасы бар, шүмекті, сопақша ыдыс.*

**ҚҰМАНДАЙ** сын. *Құман сияқты; құман тәрізді.*

**ҚҰМАНША** зат. *Кішірек шай шығаратын, демдейтін ыдыс.*

**ҚҰМАР[1]** [ар. قمار] сын. **1.** *Ынтық, ынтызар; асық.* **2.** *Әуес, үйір, құштар, қызықтағыш.*

**Құмар болды.** а) жағымды. *Ынтықты, құмартты, құштарланды.* ә) жағымсыз. *Еті үйреніп кетті, әдетке айналдырды; ессіз әуестенді.* **Құмардан шықты [құмары тарқады, қанды, басылды].** *Көңілі жай тауып, ләззат алды, әбден риза болды; маузы басылды, рахаттанды.* **Құмар қылды.** *Жанына от салды, ынтықтырды.* **Құмары қанды**. *Қарап көріп, құмардан шықты; шері тарқады, рақатқа батты.* **Құмары тарқады.** *Көңілі жай тапты, рахаттанды.*

**ҚҰМАР[2]** зат. *Ақша, мал-мүлік салып ойнайтын карта, асық ойындары.*

**ҚҰМАР[3]** зат. *Ниеті, ойы, нысаны.*

**ҚҰМАРДАЙ** үст. *Қызығатын сияқты.*

**ҚҰМАРЛАН=** ет. **1.** *Құмарту, қызығу.* **2.** *Ұмтылу, ынталану.* **3.** *Үздігу, аптығу, асығу.*

**ҚҰМАРЛАНДЫР=** ет. *Өзіне тарту, көз тарту.*

**ҚҰМАРЛАНДЫРУ** *Құмарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАРЛАНУ** *Құмарлан етістігінің қимыл атауы; ұмтылу, ынталану.*

**ҚҰМАРЛАС=** ет. *Бірге құмар болу.*

**ҚҰМАРЛАСУ** *Құмарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАРЛАУ** сын. *Әуестеу, үйірлеу.*

**ҚҰМАРЛЫ** сын. *Ынтық, ынтызар.*

**ҚҰМАРЛЫҚ** зат. **1.** *Ынтызарлық, құмартушылық.* **2.** *Бір нәрсеге қызығып, сонымен әуестенушілік.*

**ҚҰМАРОЙЫН** зат. *Құмарланып, құмартып ойналатын ойындар: карта, казино ойындары.*

**ҚҰМАРОЙЫНХАНА** зат. *Құмар ойындар ойналатын жер.*

**ҚҰМАРОЙЫНШЫ** зат. *Құмар ойындар ойнайтын адам.*

**ҚҰМАРПАЗ** зат. **1.** *Бір нәрсеге ынтық, қызыққыш, әуесқой адам.* **2.** *Құмар ойынына берілген адам.*

**ҚҰМАРПАЗДАЙ** сын. *Құмарпаз сияқты.*

**ҚҰМАРПАЗДЫҚ** зат. **1.** *Қызығушылық, әуесқойлық, әуестенушілік.* **2.** *Ақша, мал-мүлік тігіп ойнайтын құмаройынға салынушылық.*

**ҚҰМАРСЫЗ** сын. *Құмары жоқ.*

**ҚҰМАРТ=** ет. **1.** *Ынтызар болып көңілі кету, ынтасы, ықыласы ауу.* **2.** *Арман ету, көксеу, қызығу.* **3.** *Сағыну, аңсату.*

**ҚҰМАРТҚЫЗ=** ет. *Еліткізу, еліктіру, көз тарту.*

**ҚҰМАРТҚЫЗУ** *Құмартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАРТҚЫШ** сын. *Қызыққыш, әуесқой.*

**ҚҰМАРТТЫР=** ет. *Еліттір, көз тарту, қызықтыру.*

**ҚҰМАРТТЫРУ** *Құмарттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАРТУ** *Құмарт етістігінің қимыл атауы; ықыласы ауу, көңілі кету.*

**ҚҰМАРТУШЫ** зат. *Қызығушы, ынтығушы.*

**ҚҰМАРТУШЫЛЫҚ** зат. *Қызығушылық, әуестік.*

**ҚҰМАРТЫС=** ет. *Ниет білдірісу, қызығысу.*

**ҚҰМАРТЫСУ** *Құмартыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМАРХАНА** зат. *Құмар ойындары ойналатын орын.*

**ҚҰМАРХАНАШЫ** зат. *Құмар ойындар ойналатын орынның қожайыны.*

**ҚҰМАРШЫДАЙ** сын. *Құмар ойынын ойнайтын адамдай.*

**ҚҰМАРШЫҚ** зат. өс. <лат. agriophyllum> *Құмды жерде өсетін тары тектес жабайы өсімдік.*

**ҚҰМАРШЫҚТЫ** сын. *Құмаршық өскен, құмаршығы бар.*

**ҚҰМАРШЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсеге құмар болу сезімі.*

**ҚҰМАТҚЫШ** зат. тех. *Орташа және ірілеу қоспаны құю қалыбында дайындауға арналған жылжымалы немесе тұрақты құрылғы.*

**ҚҰМАШ** зат. *Матаның түрі.*

**ҚҰМБАСТАУ** зат. *Құмдағы бұлақ, су, арық.*

**ҚҰМБАСУ** зат. геогр. *Шөл далалардағы ұйытқи соққан құм бораннан даланы, жолды құмның басып қалуы.*

**ҚҰМ-БЕЛ** зат. *Құмнан үйілген белдер.*

**ҚҰМБЕЛЕК** зат. өс. <лат. arenaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір, екі не көпжылдық шөп.*

**ҚҰМБЕРІШ** зат. өс. <лат. iris songarica> *Тасты жерде, тау беткейлерінде өсетін, жапырағы жіңішке таспа пішінді көпжылдық өсімдік.*

**ҚҰМБЕТЕГЕ** зат. өс. <лат. festuca beckeri> *Құмды жерде өсетін, бетеге туысына жататын бағалы шөп.*

**ҚҰМБИДАЙЫҚ** зат. өс. <лат. agropyron fragile> *Құмды жерде өсетін, бидайық туысына жататын өсімдік.*

**ҚҰМБОЗ** сын. *Топырақтың сарғыш, құмды болуы.*

**ҚҰМБӨРТПЕ** зат. геогр. *Негізінен жәндік індерінен шығарылған тау жыныстарының ұсақ бөлшектері мен түйіршіктерінен тұратын шағын үймелер.*

**ҚҰМБҮРГЕ** зат. зоол. *Бүргенің түрі.*

**ҚҰМБЫЗ** зат. *Құм кесекті күйдіру, кірпіш жасау үшін салынған үй, кірпіш зауыты.*

**ҚҰМБЫЛ** сын. *Жинақы, нәзік.*

**ҚҰМҒАН** зат. сөйл. ***Құман.***

**ҚҰМҒАНДАЙ** сын. *Құмған сияқты.*

**ҚҰМҒЫТ** зат. *Құмдауыт.*

**ҚҰМДАЙ** сын. **1.** *Құм сияқты ұсақ, майда.* **2.** *Есепсіз көп.* **3.** *Құмның түсіндей болып бозару, құп-қу болу.*

**Құмдай батты.** *Келмеске кетті, қайтып оралмады.*

**ҚҰМДАҚ** сын. *Құмдауыт, құмайт.*

**ҚҰМДАҚТАУ** сын. *Құмайттау, құмдауыттау.*

**ҚҰМДАҚТЫ** сын. *Құмдауытты, құмайтты.*

**ҚҰМДАҚШӨП** зат. өс. <лат. arenaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір, екі не көпжылдық шөптесін өсімдік [Оның бірнеше түрі бар: азия құмдақшөбі, ұзын жапырақты құмдақшөп, әсем құмдақшөп, таспа жапырақты құмдақшөп].*

**ҚҰМДАЛА** зат. *Құмды, бос жатқан дала.*

**ҚҰМДАС** сын. *Құмды, құмнан тұратын (жел, құйын).*

**ҚҰМДАСЫН** сын. *Құмайтты, құмдауытты, құмдақ.*

**ҚҰМДАУ** сын. *Құмайттау, құмдақтау.*

**ҚҰМДАУЫҚ** сын. *Құм тектес, құм аралас.*

**Құмдауық торғай.** зоол. *Балықшы отрядына жататын кішкентай құс.*

**ҚҰМДАУЫЛ** зат. *Құмды, қатты жел, құмды боран.*

**ҚҰМДАУЫТ** сын. *Құмайтты, құмдақты (жер).*

**ҚҰМДАУЫТТАУ** сын. *Құмайттау, құмдақтылау (жер).*

**ҚҰМДӨҢ** зат. геогр. *Теңіз жағасындағы құмды дөңдер.*

**ҚҰМДЫ** сын. *Құмы көп, құмы қалың; құм араласқан.*

**Құмды дауыл.** *Шаңды дауыл, өсімдіксіз, тақыр жер бетінен құм мен шаңды көп мөлшерде*

*көтере ұшырып, тасымалдайтын дауыл.* **Құмды құйын.** *Құм мен шаңды үйіре көтеріп, ілестіре тасымалдайтын ауа массасының ұйтқымасы.* **Құмды қырқалар.** геогр. *Басым желдердің бағытына қарай көлденең дерлік немесе олардың бағытына сай созыла параллель орналасқан құмды қырқалар.* **Құмды мелиорациялау.** *Құмның жылжуын тоқтату, оны құнарлы мал жайылымына айналдыру үшін жүргізілетін мелиорациялау шаралары.* **Құмды толқындардың пайда болу теориясы.** *Ағынның жылдамдық лүпілінің құм-түйірлерге әсерін қарастыруға негізделген ағын түбіндегі құмды толқындардың пайда болу схемасы.* **Құмды топырақ мелиорациясы.** *Құмды топырақтың физикалық қасиеті мен қоректену режимін жақсартумен қатар оның құнарлылығын арттыру және автоморфты құмды топырақтың су ұстағыштығы мен сіңіргіштік қасиетін құм тоқтату шаралары арқылы жақсарту мақсатындағы мелиорация.* **Құмды төбешіктер.** *Жартылай көшпелі құмды жерлердегі бұталардың айналасына жұмыр пішінде, ретсіз орналасқан жоталар.* **Құмды ұйық.** *Динамикалық жіктеме бойынша құрамында 10-30% < 0,01 мм фракциялары бар шөгінді.* **Құмды шөл.** геогр. *Бетін құм басып, бір орыннан екінші орынға көшіп тұратын шөл.*

**ҚҰМДЫҚ**[1] зат. *Құмдауыт келген, құмайт жер.*

**ҚҰМДЫҚ**[2] сын. *Құмды жерде өсетін, құмға тән.*

**Құмдық сасыққурай.** өс. <лат. dorema sabulosum> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын, құмды жерлерде өсетін көпжылдық шөптесін эфемероидті өсімдік.*

**ҚҰМДЫҚБОЗ** зат. өс. <лат. stipa joannis>*Тау бөктерлерінде, ылғалды жерлерде өсетін биіктігі 30–100 см-дей, майда тамырлы, жапырағы жіңішке таспа тәрізді шөптесін өсімдік.*

**ҚҰМЕБЕЛЕК** зат. өс. <ceratocarpus arenarius> *Алабұталар тұқымдасы ебелек туысына жататын шөл-шөлейтті, құмды жерлерде өсетін, биіктігі 5-10 см-дей, гүлі ақ, қос жынысты, екі не көпжылдық өсімдік.*

**ҚҰМЕРКЕ** зат. өс. *Көпжылдық шөп.*

**ҚҰМ-ЖАЛ** зат. *Құмды жота, белес.*

**ҚҰМЖЕБІЛ** сын. *Еш нәрсенің байыбына бармайтын.*

**ҚҰМЖЕМІЛ** зат. өс. <лат. allium sabulosum> *Тамырынан дәрілік тұнба салатын қызғылт гүлді шөптесін өсімдік.*

**ҚҰМЖЫЛАН** зат. зоол. <лат. eryx miliaris>*Құмды, құмды жерді мекендейтін жыланның түрі.*

**ҚҰМ-ЖІГЕР** зат. *Адамның шыдамы, жүрекжарды көңілі.*

**ҚҰМЖІЛІК** сын. жерг. *Арықтау, әлсіздеу.*

**Құмжілік болды.** *Әбден арып жүдеді.*

**ҚҰМҚАЗАР** зат. зоол. <лат. arenicola marina> *Буылтық құрттар типінің көпқылтандылар класының отырғыштар тармағына жататын, ұзындығы – 30 см, құмда ін қазып тіршілік ететін теңіз құрттары.*

**ҚҰМҚАЙРАҚ** зат. **1.** *Ұстара, бәкі, пышақ т. б. құрал-жабдықтарды қайрауға арналған жұмсақ қайрақ.* **2.** *Қырлары өткір тастар.*

**ҚҰМ-ҚАЙРАҢ** зат. *Өзен-көлдің құмды, таяз жері.*

**ҚҰМ-ҚАЙРАНДАН=** ет. *Су астында майда құм тастардың мөлдіреп жатуы.*

**ҚҰМ-ҚАЙЫР** зат. *Құмды, қайраңды жер.*

**ҚҰМҚАНТ** зат. жерг. ***Құмшекер.***

**ҚҰМҚАРАҒАН** зат. өс. <лат. ammodendron fich> *Бұршақтар тұқымдасы, құмқараған туысына жататын қарағанның құмды жерде өсетін түрі, қоянсүйек.*

**ҚҰМҚАТА** зат. вет. *Малдың шөппен араластырып құм жеп қоюынан болатын кесел (жылқы, қой, ешкіде кездеседі).*

**ҚҰМҚИЯҚ** зат. өс. *Құмды жерде өсетін қияқ түрі.*

**ҚҰМ-ҚОҚЫР** зат. *Қоқыс, ыбырсып жататын майда заттар.*

**ҚҰМҚОЯН** зат. зоол. <лат. lepus tolai> *Шөлді аймақта өсетін арқасы мен бүйірі қоңыр, сұр, бауыры ақ түсті қоянның денесі шағын түрі.*

**ҚҰМ-ҚҰМ** сын. *Құм құйылған, құм жабысқан.*

**ҚҰМ-ҚУЫТ** сын. сөйл. ***Қым-қуыт.***

**Құм-қуыт болды.** сөйл. ***Қым-қуыт болды*** *(қарбаласқа айналып, быж-тыж болды).*

**ҚҰМҚҰРТ** зат. зоол. *Теңіз жағалауындағы лайлы құмда тіршілік ететін бунақ денелі құрт.*

**ҚҰМҚЫРҚА** зат. геогр. *Қатарласа жатқан қырқалы құмды алқап.*

**ҚҰММӘ** зат. көне. *Біреудің әйелі, қатыны.*

**ҚҰМОТ** зат. өс. *Шөл далада өсетін, бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп.*

**ҚҰМСА=** ет. көне. **1.** *Ызаға булығып ашулану, қатулану.* **2.** *Толысу.*

**ҚҰМСАҒАТ** зат. *Екі буылтық болып, шыны әйнекке салынған құмның үстінен астына құйылуы негізінде уақыт мөлшері есептелетін сағат.*

**ҚҰМСАҒАТ-МЕҢЗЕР** зат. инф. <ағыл. hourglass cursor> *Бағдарлама тапсырманы ұзақ орындаған кезде және оны адам күтуге тура келетін жағдайда экранда пайда болатын құмсағат түріндегі белгі-меңзер.*

**ҚҰМСАҒАТТАЙ** сын. *Құмсағат сияқты.*

**ҚҰМСАҒЫЗ** зат. өс. < лат. chondrillas> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚҰМСАҒЫЗДАЙ** сын. *Құмсағыз сияқты, құмсағыз тәрізді.*

**ҚҰМСАҚ** сын. *Көтеріңкі, томпайған.*

**ҚҰМСАР=** ет. *Томсару, ызалану, булығу.*

**ҚҰМСАРУ** *Құмсар етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМСАТ=** ет. *Ызаға булықтырып, ашуландыру.*

**ҚҰМСАТУ** *Құмсат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМСӘЛБЕН** зат. өс. <лат. chamaesphacos> *Ерінгүлділер тұқымдасы құмшалфей туысына жататын шөптесін өсімдік [Оның белгілі бір түрін медицинада дәрілік тұнба жасау үшін пайдаланады].*

**ҚҰМСОРҒЫ** зат. тех. *Бірсатылы, ортатепкіш, консольді тектес, жұмыс доңғалағына су тек бір жағынан енетін сорғы.*

**ҚҰМСОРҒЫШ** зат. *Жерді, құмды қазатын құрал.*

**ҚҰМСЫЛАҚ** зат. *Құммен сылау жұмысы [Құмсылақ саманнан салынған үйде екінші сылақ, ал кірпіштен салынған үй қабырғасын сылауда бірінші сылақ жұмысы болып есептеледі].*

**ҚҰМСІРКЕ** зат. **1.** *Адам басында болатын ұсақ жара, қотыр.* **2.** *Жылқыда болатын қотыр, жара.*

**ҚҰМСЫЗ** сын. *Құмы жоқ.*

**ҚҰМТАРЫ** зат. өс. <лат. digitaria>*Астық тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚҰМТАС** зат. *Құм яки қиыршық түйірлерден қатқан шөгінді тау жынысы.*

**ҚҰМТАСТАЙ** сын. *Құмтас сияқты.*

**ҚҰМТОПЫРАҚ** зат. *Құмы аралас топырақ.*

**ҚҰМ-ТОТ** зат. *Темірдің тоттануы, құм, шаң-тозаң басуы.*

**ҚҰМТЫШҚАН** зат. зоол. <лат. meriones> *Сыртқы түрі егеуқұйрыққа ұқсас, құмды жерді мекендейтін тышқанның түрі.*

**ҚҰМТІЛ** зат. *Теңіз толқындарының әсерінен пайда болатын, теңіздің жағалық бөлігіндегі жіңішке құрғақ алқап.*

**ҚҰМША** үст. *Құм сияқты.*

**ҚҰМШАҒЫЛ** зат. *Топырақ түрі; құм мен майда тас араласқан жер.*

**ҚҰМШАҒЫЛДЫ** сын. *Құмшағылы көп.*

**ҚҰМШАЙҒЫШ** зат. тех. *Құмды сумен жуу арқылы бөгде заттардан айыратын мәшине.*

**ҚҰМШАУЫТ** зат. **1.** жерг. *Ұсақ құм араласқан, құмдауыт, борпаң жер.* **2.** *Топырақ түрі, құм аралас топырақ.*

**ҚҰМШАУЫТТЫ** сын. *Құмды (жер).*

**ҚҰМШАШҚЫШ** зат. тех. *Құм шашатын мәшине.*

**Құмшашқыш мәшине.** тех. *Тайғақ жолдарға құм, тұз себуге арналған жол құрылыс мәшинесі.*

**ҚҰМШӘЙ** зат. өс. жерг. *Басында бүршігі бар, ақ тікенді келетін, құмды жерге шығатын өсімдік.*

**ҚҰМШЕКЕР** зат. жерг. *Ұсақ қант, қанттың ұнтақталған түрі.*

**ҚҰМШЕКЕРДЕЙ** сын. *Құмшекер сияқты.*

**ҚҰМШЕКПЕН** зат. *Қабірдің бетіне жабылған топырақ.*

**ҚҰМШЕЛЕК** зат. жерг. *Құмыраға жіптен бау тағып жасаған шелек.*

**ҚҰМШИЕ** зат. <лат. cerasus bessei> *Құмда өсетін шие.*

**ҚҰМ-ШӨЛ** зат. *Құмды, бос жатқан шөл дала.*

**ҚҰМ-ШӨЛЕЙТ** зат. *Құмды, шөлейтті жер.*

**ҚҰМШӨП** зат. өс. <лат. psammogeton> *Құмды жерде өсетін өсімдік.*

**ҚҰМШЫҚ**[1] зат. *Шағын, кішігірім құмды төбе, құмайт төмпешік.*

**ҚҰМШЫҚ**[2] зат. *Қайнатқан құртқа қойдың қатығын қосып, сықпаламай кептірген ұсақ тұщы құрт.*

**ҚҰМЫҒУ** *Құмық етістігінің қимыл атауы; дауыс.тың булығып шығуы.*

**ҚҰМЫҚ**[1] зат. *Құмдардың үйіндісінен пайда болған құм төбе.*

**ҚҰМЫҚ**[2] зат. өс. <лат. fagopyrum>*Құмды жерлерде өсетін, дәні тарыға ұқсас қара домалақ келген шөптесін өсімдік [түрлері: екпе құмық, егістік құмық].*

**ҚҰМЫҚ**[3] зат. *Негізгі бөлігі Ресей Федерациясы Дағыстан Республикасында, қалғандары Ичкерия, Солтүстік Осетия мен Ставрополь өлкесінде қоныстанған түркі тілдес халық және оның өкілі.*

**Құмық тілі.** лингв. *Түркі тілдері қыпшақ бұтағының батыс қыпшақ немесе құман тобына жататын тіл.*

**ҚҰМЫҚ=** ет. **1.** *Дауыс.тың, үннің еркін, ашық шықпай, тұншығып, тығылып шығуы, булығу.* **2.** *Өнердің, белгілі бір қасиеттің бұйығып, ашылмай тұншығып қалуы.*

**ҚҰМЫҚТЫР=** ет. *Тұншықтырып булықтыру, үстемелеп басып тастау.*

**ҚҰМЫҚТЫРУ** *Құмықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰМЫЛ** зат. өс. <лат. cryptodiscus> *Шатыршагүлдер тұқымдасы құмыл туысына жататын құрайдың бір түрі; ешкісасыр.*

**ҚҰМЫР**[1] зат. зоол. *Бұлбұлша сайрайтын, торғайдай ғана кішкене құс.*

**Құмыр бұлбұл.** зоол. *Дене-тұрқы бармақтай ғана құйқылжыта сайрайтын әнші құс.* **Құмыр бұлбұлдай сайрады.** *Құмыр бұлбұл сияқты, әдемі, әсем ән салды.*

**ҚҰМЫР**[2] зат. *Бөгелектің жұмыртқасынан өнетін балапан құрттан болатын, танаудан бастап кеңірсікті қуалайтын мал (қой, ешкі, түйе) ауруы.*

**ҚҰМЫР**[3] сын. *Кішкентай, әдемі, көз жауын алатын.*

**Құмыр кеуде.** *Кішкене қуыс кеуде.*

**ҚҰМЫРА** [ар. خمره] зат. *Көлемін түрліше етіп саз балшықтан күйдіріп не қыштан, шыныдан жасаған, ауыз жағы ықшам келген ыдыс.*

**Құмыра жасағыш.** *Көкөніс немесе гүлдерді өсіру үшін шым құмыра жасауға арналған стационарлы құрал.*

**ҚҰМЫРАДАЙ** сын. *Құмыра сияқты.*

**ҚҰМЫРАЙ**: **құмырай қапты.** жерг. *Жер соқты.*

**ҚҰМЫРАША**[1] зат. *Кішірек құмыра.*

**ҚҰМЫРАША**[2] *үст. Құмыра сияқты.*

**ҚҰМЫРАШЫ** зат. *Құмыра жасайтын шебер.*

**ҚҰМЫРАШЫЛЫҚ** зат. *Құмыра жасауды кәсіп етушілік.*

**ҚҰМЫРСҚА** зат. <лат. formicidae> **1.** *Топтанып тіршілік ететін бунақденелі жәндік.* **2.** зоол. *Жер шарына кең таралған денесі бас, көкірек және құрсақтан тұратын, басы үлкен, жақтары жақсы жетілген жарғаққанаттылар отрядының бір тұқымдасы.*

**Құмырсқа альдегиді.** хим. *Тұншықтырғыш өткір иісті, күшті улы зат.* **Құмырсқа аяң.** *Ілбіген жай жүріс, баяу қимыл.* **Құмырсқа бел.** а) *Жіп-жіңішке, нәзік, қыпша бел.* ә) этн. *Қынама етіп сәндеп тіккен киім (көйлек, қамзол, кебіс т. б.).* **Құмырсқа бел шытыра.** этн. зерг. *Екі шеті жалпақ, ортасы жіп-жіңішке бастырма, киімге қадайтын шеттік.* **Құмырсқа ен.** *Қойдың екі құлағының ұштарына немесе құлақтың алдынан және артынан кесілген белгі.* **Құмырсқа жегіш.** зоол. *Тропикалық Америкада өмір сүретін, тісі жоқ, тек құмырсқа жеп күн көретін жануар.* **Құмырсқа көш.** *Баяу, ақырын жүріс, өгіз аяң.* **Құмырсқа қышқылы.** хим. *Суда, спиртте, эфирде кез келген мөлшерде араласа алатын, қалақай өсімдігінде, құмырсқада болатын, өткір иісті түссіз зат, қарапайым органикалық қышқыл.* **Құмырсқаның [құмырсқа] илеуі.** *Құмырсқаның ұясы; төмпешік келген үйінді.* **Құмырсқаның илеуіндей.** бейн. *Құж-құж қайнаған, қалың нөпір, қаптаған, құжынаған.*

**ҚҰМЫРСҚАДАЙ** сын. **1.** *Құмырсқа сияқты, құмырсқа тәрізді.* **2.** *Қаптаған, құжынаған; мол.* **3.** ауыс. *Нәзік, жіңішке.*

**Құмырсқадай қаптады [құжынады, қайнады, быжынады, құйылды, қыбырлады].** *Қаптап кетті, ығы-жығы болды, қалың нөпір болды.* **Құмырсқадай құжынады.** *Қаптап кетті, өріп жүрді.* **Құмырсқадай қыбырлады.** *Толып кетті, қаптап кетті.*

**ҚҰМЫРСҚАША** үст. *Құмырсқа тәрізді, құмырсқа құсап.*

**ҚҰМЫРША** зат. *Кішкентай құмыра ыдыс.*

**ҚҰМЫТЫ** зат. зоол. <лат. geratopogonidae> *Дене тұрқы 1–4 мм, денесінің арқа жағы көтеріңкі, тұмсығы ұзын, қабыршақ жапқан қанаттарында дақтары болатын қосқанаттылар отрядының ұзынмұрттылар тұқымдасына жататын қансорғыш жәндік.*

**ҚҰН**[1] [ир. خون] зат. **1.** тар. *Кісі өлтірген ұшін айыпкер немесе оның руы тарапынан мал басымен төленетін төлем, алым.* **2.** *Белгілі бір затқа тән баға, нарық; пұл, ақы.* **3.** ауыс. *Белгілі бір іске, әрекетке, адам басына тән баға, қадір, қасиет.*

**Құн алды.** көне. *Біреудің қолынан өлген адам үшін малға, қымбат затқа шағып төлем өтелді.* **Құн даулады [сұрады].** тар. *Өлген адам үшін билік кесімі белгілеген төлем, алым беруді талап етті.* **Құн дауы.** тар. *Өлтірілген адамның құнын бұрынғының жолымен би алдында даулап, талап етуі.* **Құн жетпес.** *Бағасыз, баға жетпейтін, теңдесі жоқ.* **Құн [құнын] кесті**. тар. а) *Билік жолымен құнын белгіледі.* ә) *Бағасын белгіледі, бағалады, кесімін айтты.* **Құн қалмады**. *Қадірі кетті, бағасы түсті.* **Құн тартты**. тар. *Өлген адам үшін құн төледі, айыбын өтеді.* **Құны актап болу**. жерг. *Нақақтан өлу.* **Құны бір сарқұлақ.** *Тукке тұрғысыз, соншалық қымбат емес.* **Құны бір тиын**. *Бағасыз, қадір-қасиеті жоқ, түкке тұрмайтын.* **Құны бітті.** *Жеңілді, құрыды, өлді.* **Құны жоқ.** *Бағасы жоқ, теңдесі жоқ; аса қадірлі.* **Құны кетті [түсті].** *Қадір-қасиеті кетті, беделі түсті, төмендеді.* **Құнына қалды.** *Пәле-жаласына жолықты, төлеуіне қалды.* **Құнын алды.** а) тар. *Өлтіргені үшін құнын төлетіп алды; кегін қайтарды [Құн алудың бірнеше түрі болған: бүтін құн – 1000 қой, жарты құн – 500 қой болған. Ол – қанның төлеуі].* ә) *Ақысын өтетті.* **Құнын даулады [сұрады].** этн. *Өлген адам үшін кінәлі жақтан белгіленген айыпты төледі, беруді талап етті.* **Құнын жоқтады.** *Өлген кісінің құнын сұрады.* **Құнын тартқызды.** тар. *Өлген адам үшін белгілі мөлшерде малдай төлем төлетті.* **Құны сұраусыз кетті.** *Өлген адамның кегін қумаған соң, құны із-түзсіз жоғалды, сұраусыз қалды.*

**ҚҰН**[2] зат. экон. **1.** *Тауарлы өндірісте тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория.* **2.** экон. *Тауардың бағасы немесе тауарларды, негізгі құрал-жабдықтарды, игіліктерді сатып алуға, жұмыстардың орындауға және қызмет көрсетуге жұмсалған ақшалай шығын.*

**Құн заңы.** экон. *Тауар өндірісі мен тауар айналымының нәтижесінде шаруашылықта әрекет ететін, өндіріске жұмсалған шығын мен өнімнің сәйкестігін анықтайтын заң.* **Құн өлшемі**. экон. *Өндірістік қатынастар жүйесі негізінде пайда болған ақшаның қоғамдық қызметі.*

**ҚҰНАЖЫН** зат. **1.** *Екі немесе үш жас аралығындағы жылқы ұрғашысы.* **2.** *Екі не үш жас арлығындағы сиырдың ұрғашысы.*

**Құнажын байтал.** *Екі мен үш жас арасындағы ұрғашы жылқы.* **Құнажын бие.** *Екі жастан асқан, әлі үшке толмаған ұрғашы жылқы.* **Құнажын [бүлдіршін] көзін сүзбесе, бұқа [буыршын] бұйдасын [жібін] үзбейді.** *Әйелі өзі ыңғай бермесе, ер адам әйелге бекерден бекер тиіспейді, орынсыз өздігінен ұрынбайды деген мағынада.* **Құнажын сиыр.** *Екі жастан асқан, үш жасқа әлі толмаған ұрғашы ірі қара.*

**ҚҰНАЖЫНДАЙ** сын. *Құнажын сияқты, құнажын секілді.*

**ҚҰНАЙ** зат. зоол. *Құндыздың баласы, күшігі.*

**ҚҰНАҚТЫ** сын. *Қызығырақ, маңыздырақ.*

**ҚҰНАН** зат. *Екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы малы.*

**Құнан атан.** *Түйе түлігінің екі жастан асқан, үшке таянған піштірілген еркегі.* **Құнан байтал.** *Үш жасар ұрғашы жылқы.* **Құнан бәйге [жарыс].** этн. спорт. *Қысқа қашықтыққа шабатын тек қана құнандарға арналған, үш жасар жылқы жарысы.* **Құнан бұқа.** *Екі жасқа толып, үш жасқа аяқ басқан бұқа.* **Құнан жас**. *Екі жасқа толып, үшке аяқ басқан кез.* **Құнан қой.** *Қойдың екі жастан асып, үшке аяқ басқан піштірілген еркегі.* **Құнан қымыз.** этн. *Ашығаннан кейінгі үшінші тәулікке ауыс. қан күшті қымыз.* **Құнан өгіз.** *Ірі қараның екі жастан асқан піштірілген еркегі.* **Құнан өгіздей.** *Кетпектей болып.* **Құнан теректей.** *Үлкен терек сияқты, биік, ұзын.* **Құнан шаптырым.** *Шама мөлшері 3-4 шақырымдай жер.* **Құнан шаптырым жер.** этн. *Шамамен 10–15 шақырым қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Құнан шығар.** *Үш жасқа аяқ басқан жылқының піштірілген еркегі.* **Құнан шықты.** *Құлын үшке толды.* **Құнанын Құдайындай, тайын Тәңірісіндей көреді.** *Түймедейді түйедей деп есептейтін сараң адам туралы айтылады.*

**ҚҰНАНДАЙ** сын. *Құнан сияқты, құнан тәрізді.*

**ҚҰНАН-ДӨНЕН** зат. *Құнан-дөнені аралас жылқы.*

**ҚҰНАН-ТАЙ** зат. ауыс. *Жас, толыспаған (адам).*

**ҚҰНАНША**[1] зат. *Екі жас пен үш жас аралығындағы түйенің еркегі.*

**ҚҰНАНША**[2] үст. *Құнандай етіп, құнанға ұқсатып.*

**ҚҰНАР** зат. **1.** *Жердің нәрі, өсімдік үшін қоректік қуат.* **2.** *Тамақтың, астық, қоректік қуаты, нәрі.* **3.** ауыс. *Сөздің мән-мағынасы, мүмкіншілігі.* **4.** ауыс. *Күш-қуат, әл-ауқат (адамға қатысты).*

**Құнар қалта**. саят. *Қыран құсқа арнайы жемін беру үшін алып жүретін теріден жасалған дорбаша.*

**ҚҰНАРЛАН=** ет. **1.** *Нәрлену, тыңаю, шырайлана түсу (жер туралы).* **2.** ауыс. *Күшею, нығаю, мәні арту.*

**ҚҰНАРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Топырақты, жем-шөпті нәрлендіріп, тыңайту, шырайландыра түсу.* **2.** ауыс. *Жетілдіру, мәнін күшейту.*

**ҚҰНАРЛАНДЫРУ** *Құнарландыр етістігінің қимыл атауы; нәрлендіру, тыңайттыру.*

**ҚҰНАРЛАНУ** *Құнарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНАРЛЫ** сын. **1.** *Өсімдік жақсы өсетін, топырағы нәрлі, шырайлы, қаратопырақты.* **2.** *Аса қуатты, жұғымды (азық, шөп).* **3.** *Семіз, күйлі.* **4.** ауыс. *Өнімді, ұтымды.* **5.** ауыс. *Мазмұнды, мәнді.*

**ҚҰНАРЛЫҚ** зат. сөйл. **1.** ***Құнарлылық***. *Нәрлілік, шырайлылық.* **2.** *Құнарлылық, жұғымдылық.*

**ҚҰНАРЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жерге, топыраққа тән нәрлілік қасиет, шырайлылық.* **2.** *Тағамның, мал азығының қуатының күштілігі; жұғымдылық.*

**ҚҰНАРСЫЗ** сын. **1.** *Өсімдік жақсы өспейтін, нәрі жоқ (жер, топырақ).* **2.** *Ешбір қуат-күші жоқ, жұғымы төмен (тамақ, азық, жемшөп).* **3.** ауыс. *Әсерсіз, мәнсіз (сөз).* **4.** ауыс. *Адамның ой-ниетінің, ісінің мәнсіз болуы.*

**ҚҰНАРСЫЗДАН=** ет. **1.** *Жердің, топырақтың ескіруі, көнеленуі, жақсы, мол өнім беруге жарамай қалуы.* **2.** ауыс. *Әлсіздену, нашарлану.*

**ҚҰНАРСЫЗДАНУ** *Құнарсыздан етістігінің қимыл атауы; нәрсіздену.*

**ҚҰНАРСЫЗДАУ** сын. **1.** *Құнары кемдеу, нәрсіздеу.* **2.** *Дәмсіздеу, жұғымсыздау; қуат-күші кем, аз.*

**ҚҰНАРСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Жердің, топырақтың бойында құнар жоқтық; нәрсіздік.* **2.** *Тағамның, мал азығының ешбір дәм-татуы жоқтық, жұғымы болмау.* **3.** ауыс. *Әлсіздік, қуатсыздық; өнімсіздік.*

**ҚҰНАРТ=** ет. **1.** *Құнарлылығын арттыру, нәрлілікті көбейту.* **2.** ауыс. *Құлпыру, жайнау, жандану.*

**ҚҰНАРТУ** *Құнарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің құнын, қадірін арттыру, ерекше бағалау, құрметтеу.* **2.** көне. *Өлген адамның құнын даулау.*

**ҚҰНДАЙ** сын. *Құн түрінде, құн есебінде.*

**ҚҰНДАҚ** зат. **1.** *Баланы бесікке салғанға дейінгі ораған бөлеуі, жөргекке оралған қалпы.* **2.** *Өлгеннен кейін оралатын мата, кебін, көрге салу.* **3.** *Зат сынбау, бүлінбеу үшін жасалған қажетті қорап, қап, сауыт.* **4.** *Мылтықтың дүмі мен ұңғылы, темірін бекітіп тұратын ағаш бөлік.* **5.** *Қанжар сияқты қарудың жүзі салынатын бөлігі.* **6.** саят. *Салбурында, боранды-желді күндерде, ұзақ жол, суық көштерде асау құсты, жараланған, ұшынып қалған қыран құсты бөлеп алуға арналған бесік.* **7.** инф. <ағыл. cartridge, cassette – кассета> *Әртүрлі ақпарат сақтау құрылғыларын: магниттік таспаларды, магниттік және оптикалық дискілерді орналастыруға және сақтауға арналған қорап.*

**Құндағында қағынған.** *Кішкентай кү нінен құтырған.*

**ҚҰНДАҚТА=** ет. **1.** *Жас сәбиді жөргекке бөлеу.* **2.** ауыс. *Аялау, әлпештеу, еркелету.*

**ҚҰНДАҚТАЛ=** ет. **1.** *Жөргекке оралу, бөлену.* **2.** *Құндақ тәрізді етіп оралу.*

**ҚҰНДАҚТАЛУ** *Құндақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДАҚТАСШЫЛ** сын. *Бірге оранған, жөргектелген.*

**ҚҰНДАҚТАТ=** ет. *Бөлету, орату.*

**ҚҰНДАҚТАТТЫР=** ет. *Ораттыру.*

**ҚҰНДАҚТАТТЫРУ** *Құндақтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДАҚТАТУ** *Құндақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДАҚТАУ** *Құндақта етістігінің қимыл атауы; сәбиді жөргекке орау, бөлеу.*

**ҚҰНДАҚТАУЛЫ** сын. **1.** *Құндақталған, бөленген.* **2.** *Қорапқа салынған, оралған.*

**ҚҰНДАҚТЫ** сын. *Құндағы бар, құндаққа салынған.*

**Құндақты таспа.** инф. <ағыл. cassette tape> *Компьютердің сыртқы сақтауыш құрылғысы.*

**ҚҰНДАҚТЫҚ** зат. *Құндаққа қатысты, құндаққа тән.*

**Құндақтық жад.** инф. <ағыл. cassette memory> *Тұрмыстық магнитофонның магниттік таспалық құндағын пайдалануға мүмкіндік беретін микрокомпьютердің сақтауыш құрылғысы.*

**ҚҰНДАС=** ет. *Қадірін, құнын арттырысу, құрметтесу.*

**ҚҰНДАСУ** *Құндас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДАУ** *Құнда етістігінің қимыл атауы; бағалау, қадірлеу.*

**ҚҰНДАУШЫ** сын. **1.** *Өлген кісінің құнын даулаушы.* **2.** *Бір нәрсенің бағасын, қадір-қасиетін білуші, қастерлеуші.*

**ҚҰНДЫ**[1] сын. **1.** *Бағалы, қымбат. // Бағалы, қамбат зат.* **2.** *Аса маңызды, мәнді, қажетті.*

**Құнды бие.** *Тұқымы суыққа төзімді, мініске берік, құлыны жақсы туатын, сүті мол бие.* **Құнды қағаз**. экон. *Ақша, облигация, акция, аккредетивтер т.с.с.*

**ҚҰНДЫ**[2] сын. *Құныкер, құнын төлеуші.*

**ҚҰНДЫЗ** зат. **1.** зоол. *Құйрығымен қосқанда тұрқы 120 см, салмағы 7-10 кг-дай, өзен-көлде тіршілік ететін терісі бағалы аң.* **2.** *Осы аңның жүні жылтылдап тұратын бағалы әрі сәнді терісі.* **3.** ауыс. *Қымбатты, асыл деген мағынада. // Жалт-жұлт еткен, жылтыраған әдемі, сұлу.*

**Құндыз бөрік.** этн. *Құндыз терісінен айнала жиектеп я тұтастай тігілген бөрік.* **Құндыз қайыр**. *Құндыздың құрсақ қуысының төменгі жағында ерекше хош иіс шығаратын екі безінен бөлінетін сұйықтық.* **Құндыз қара.** *Құндыздай қап-қара құлпырған жылқы.* **Құндыз тон.** этн. *Құндыздың терісінен тігілген асыл тон түрлерінің бірі.* **Құндыз ішік.** этн. *Сап құндыз терісінен тігілген жылы да сәнді сырт киім.*

**ҚҰНДЫЗДА**[1]**=** ет. *Құндыз терісін салу, құндыз терісімен әдіптеу, жиектеу.*

**ҚҰНДЫЗДА**[2]= ет. жерг. *Өзен, су бойымен жағалап жүру, болмаса қарағай арасымен өрлеп жүру.*

**ҚҰНДЫЗДАЙ** сын. **1.** *Құндыз сияқты, құндыз тәрізді.* **2.** ауыс. *Жалт-жұлт етіп құлпырған, әдемі, сұлу.*

**Құндыздай жалт-жұлт етті [жылтылдады].** *Жылтырады, жайнады, құлпырды, жылт-жылт етті.* **Құндыздай құлпырды.** *Жалтылдады, жайнады, жалт-жұлт етті.*

**ҚҰНДЫЗДАЙЫН** сын. поэт. ***Құндыздай***.

**ҚҰНДЫЗДАЛ=** ет. *Құндыздан тігілу, әдіптелу, жасалу.*

**ҚҰНДЫЗДАЛУ** *Құндыздал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДЫЗДАН=** ет. *Ерекше нұр бітіп сәндену, құлпыру.*

**ҚҰНДЫЗДАНУ** *Құндыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДЫЗДАУ** *Құндызда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНДЫЗДЫ** сын. **1.** *Құндызы көп, қалың.* **2.** *Құндыз терісімен жиектелген, құндыз терісі салынған.* **3.** ауыс. *Құлпырған, жайнаған.*

**ҚҰНДЫЗДЫҚ**[1] зат. *Малдың (жылқының, қойдың т. б.) аяғындағы шаша мен тұяқтың екі ортасындағы жіңішке жері.*

**ҚҰНДЫЗДЫҚ**[2] зат. *Қыр желкеден жоғары, бастың шүйке тұсы.*

**ҚҰНДЫЗША** сын. *Құндыз сияқты, құндызға ұқсап.*

**ҚҰНДЫЗШӨП** зат. өс. <лат. pulsatilla> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**ҚҰНДЫКЕР** зат. *Өліміне айыпты, ол үшін құн төлеуші (адам, ел, жұрт).*

**ҚҰНДЫЛАУ** сын. *Бағалырақ, қымбаттау.*

**ҚҰНДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бәсі қымбаттық, бағалылық.* **2.** *Сапасы жоғарылық, сапалылық.* **3.** *Пайдалылық, қажеттілік, керектік.* **4.** филос. *Танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы.* **5.** ауыс. *Маңыздылық, мәнділік.*

**ҚҰНДЫ-ПҰЛДЫ** сын. *Бай, қадірлі.*

**ҚҰНДЫРАҚ** сын. **1.** *Бағалырақ, қымбатырақ, құны жоғары.* **2.** *Маңыздырақ, мәндірек.*

**ҚҰНЕЗЕР** сын. *Неден болса да қайтпайтын даукес, дауқұмар.*

**ҚҰНЕРЕЗ** сын. *Құн талап еткіш, құн даулағыш, даугер.*

**ҚҰНЕРЕЗДІК** зат. *Даукестік, даугерлік.*

**ҚҰНЖАҢДА=** ет. *Тез-тез қимылдау, құнжаң-құнжаң ету.*

**ҚҰНЖАҢ-ҚҰНЖАҢ**: **құнжаң-құнжаң етті**. *Тыныш отыра алмай, шыдамсыздана қозғалды, құнжыңдады.*

**ҚҰНЖАУ**: **құнжауын кетірді [алды].** жерг. *Берекесін алды, құтын қашырды.*

**ҚҰНЖИ=** ет. *Мойны ішіне кіре иілу, құжірею, бүкшию.*

**ҚҰНЖИТ=** ет. *Иықтарын жоғары көтеріп, бүкірейту.*

**ҚҰНЖИТУ** *Құнжит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНЖИЮ** *Құнжи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰН-ЖЫН**: **құн-жын болды**. *Азып-тозды, жадап-жүдеді.*

**ҚҰНЖЫҢ**: **құнжың қақты**. *Құтың-құтың етті, қуанды, мәз болды.*

**ҚҰНЖЫҢДА=** ет. **1.** *Екі иықты қомдап, тұрған орнынан қозғалақтау, бүгжеңдеу.* **2.** ауыс. *Құлану, құтыңдау.*

**ҚҰНЖЫҢДАС=** ет. *Тұрған орындарында бүгжеңдесу.*

**ҚҰНЖЫҢДАСУ** *Құнжыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНЖЫҢДАУ** *Құнжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНЖЫҢ-ҚҰНЖЫҢ**: **құнжың-құнжың етті.** *Құйбің-құйбің етіп қозғалақтады, бүгежектеді.*

**ҚҰНЖЫТ** зат. бот. <лат. pedaliaceae> *Бір және көпжылдық шөптесін, бұташық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ҚҰНЖЫТ** зат. *Болбыр, босбелбеу адам.*

**ҚҰНМЕЗГІЛ** үст. жерг. *Мезгіл сайын, ауық-ауық.*

**ҚҰНПАР** зат. жерг. *Жалмауыз, қомағай, жемқор.*

**ҚҰНСЫЗ** сын. тар. **1.** *Өліп кетсе құн, төлем сұрамайтын; іздеусіз, сұраусыз, жоқтаусыз.* **2.** *Құны, қадір-қасиеті жоқ, бағасыз.* **3.** ауыс. *Мәнсіз, мағынасыз.* **4.** ауыс. *Бағасы, теңдесі жоқ, қымбат.*

**Құнсыз кен.** кен. *Құрамында бағалы заттың пайыздық үлесі өте аз, байыту технологиясының қазіргі даму сатысында өңделуі тиімсіз кен.* **Құнсыз кетті**. жерг. *Ерге өзі шығып кетті.*

**ҚҰНСЫЗ-БҰЛСЫЗ** сын. *Қадір-қасиеті, ешбір бедел-бағасы жоқ.*

**ҚҰНСЫЗДАН=** ет. *Бағасы, құны кему, төмендеу.*

**ҚҰНСЫЗДАНДЫР=** ет. *Қадір-қасиетінен айырылу.*

**ҚҰНСЫЗДАНДЫРУ** *Құнсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНСЫЗДАНУ** *Құнсыздан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құнының кетуі, қадірінің түсуі.* **2.** экон. ***Инфляция***.

**ҚҰНСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Құны жоқтық, бағасы төмендік.* **2.** ауыс. *Мағынасыздық, мәнсіздік; қасиетсіздік.*

**Құнсыздыққа апарды**. *Құнсыздандырды, мәнсіз етті.*

**ҚҰНТ**[1] зат. *Адамдағы ұқыптылық, жинақылық қасиет; ынта, ықылас, көңіл, ниет.*

**Құнт [құнты] жоқ.** *Ебі, икемі болмады, ықыласы түспеді.* **Құнт қойды.** *Ықылас салды, зер қойды.* **Құнт қылмады.** *Көңіл бөлмеді, мән бермеді.* **Құнты жетпеді**. *Икемі келмеді, ебі болмады.* **Құнты кетті.** *Берекесі қашты, икемі кетті.*

**ҚҰНТ**[2] зат. *Ұзын қамыш, арба қамышы.*

**ҚҰНТАҚТЫ** сын. *Ұқыпты, епті, икемді; құнтты.*

**ҚҰНТАҢ**: **құнтаң қақтырды.** *Ойнақтатты, асыр салдырды.*

**ҚҰНТАНДА=** ет. *Бір істі атқаруға ықыласпен кірісу, бар жігер-қайратын сала істеу.*

**ҚҰНТИ** зат. этн. *Жастар ойнайтын ұлттық ойынның бір түрі.*

**ҚҰНТИ=** ет. **1.** *Мейлінше қысқару, шолтию, шұнтию.* **2.** *Кушию, кішірею.* **3.** *Әп-әдемі, жып-жинақы болу.*

**ҚҰНТИМАЙ-ЖҰНТИМАЙ** үст. *Сабырсызданбай, жинақыланып.*

**ҚҰНТИТ=** ет. *Мейлінше қысқарту, шолтиту.*

**ҚҰНТИТУ** *Құнтит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНТИЫҢҚЫ** сын. *Жинақы, дайындығы бар.*

**ҚҰНТИЫС=** ет. *Кушиысу, кішірейісу.*

**ҚҰНТИЫСУ** *Құнтиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНТИЮ** *Құнти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНТСЫЗ** сын. *Ұқыпсыз, құнты жоқ; салақ.*

**ҚҰНТСЫЗДЫҚ** зат. *Ұқыпсыздық, салақтық; бір нәрсені орындауға пәлендей мән бермеушілік.*

**ҚҰНТТА=** ет. **1.** *Ынта, ықылас қойып мақұлдау, құптау, қолдау.* **2.** *Көңіл қою, ұқыптау, қадағалау.*

**ҚҰНТТАЛ=** ет. **1.** *Ынта, ықылас қойылып, мақұлдану.* **2.** *Ұқыпталу, қадағалану.*

**ҚҰНТТАЛУ** *Құнттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНТТАУ** *Құнтта етістігінің қимыл атауы; ынта, ықылас қою, қолдау.*

**ҚҰНТТЫ** сын. *Ұқыпты, жинақы, тиянақты.*

**ҚҰНТТЫЛЫҚ** зат. *Ұқыптылық, жинақылық, тиянақтылық.*

**ҚҰНТЫҢДА=** ет. *Құнтың қағу, жеңіл, тез-тез қимылдау.*

**ҚҰНТЫҢДАУ** *Құнтыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНУ** зат. зоол. *Оңтүстік Алтайда кездесетін терісі қара бурыл немесе қызыл қоңыр түсті, түр-түлғасы жағынан сусарға ұқсас аң.*

**ҚҰНЫ** зат. сөйл. ***Құну***.

**Құны бұйра.** *Қара бурыл немесе қызыл қоңыр түсті бұйра (елтірі).*

**ҚҰНЫҒУ** *Құнық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНЫКЕР** зат. *Кісі өлтірген айыпкер, жазалы адам.*

**Құныкер би.** тар. *Құн сұраушы би, жәбірленуші тарап.*

**ҚҰНЫҚ=** ет. **1.** жағымсыз. *Бір нәрсеге мейлінше құмарту, құмарлану, қызығу, дәнігу.* **2.** *Қолға алған істі, тиісті шаруаны орындауға әбден берілу, соның жолына түсу, барынша ынталану.*

**ҚҰНЫҚТЫР=** ет. *Барынша бір нәрсеге құмарттыру, қызықтыру.*

**ҚҰНЫҚТЫРУ** *Құнықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰНЫС** зат. *Әлдебір аурудың себебінен омыртқаның иіліп қалуы немесе сынуы салдарынан, жауырыны, белі сыртқа шыға томпайып біткен бүкір.*

**ҚҰНЫСТАЙ: құныстай құрысқан.** *Қатқан, арық, жүдеу.*

**ҚҰНЫС=** ет. *Денені тік ұстамай бүкшию, бүкірею, иілу.*

**ҚҰНЫСБАЛЫҚ** зат. зоол. *Қиыршығыс албырттары туысына жататын кәсіптік маңызы зор балық.*

**ҚҰНЫСТАН=** ет. *Белі, жауырыны бүкірею, бүкшию, құжірею.*

**ҚҰНЫСТАНДЫР=** ет. *Бүкірею, бүкшию, құжірею.*

**ҚҰНЫСТАНДЫРУ** *Құныстандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰНЫСТАНУ** *Құныстан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰНЫСТАУ** сын. *Аздап құныс, бүкірлеу.*
**ҚҰНЫСТЫҚ** зат. *Бүкірлік, кемдік.*
**ҚҰНЫСТЫР=** ет. *Денені тік ұстамай бүкірейту, иілдіру, бүкшиту.*
**ҚҰНЫСТЫРУ** *Құныстыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰНЫСУ** *Құныс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰНЫСЫҢҚЫ** сын. *Бүкірейген, қолайсыз пішімге енген, бүкшиіңкі.*
**ҚҰНЫСЫҢҚЫЛАУ** сын. *Екі иығы түсіңкілеу, кейпі қолайсыздау.*
**ҚҰНЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Бүкшиіңкіреу, бүкірейіңкіреу.*
**ҚҰҢ** зат. мед. *Беломыртқа, сегізкөзін жаза алмайтын аурудың түрі.*
**ҚҰП** [ир. خوب] мод. **1.** *Мақұл, жарайды, жақсы.* **2.** *Дұрыс, жөн, дәп.*
**Құп алды.** *Мақұлдады, дұрыс деп тапты; жөн көрді, құптады.* **Құп болады.** а) *Жарайды, жақсы, мақұл.* **Құп болсын.** *Мақұлдау, келісімді білдіру мәнінде, сөзіңді екі етпеймін деген мағынадағы қолданыс.* **Құп жарасты.** *Келісті болды, сай келді.* **Құп көрді.** *Мақұлдады, қостады, құптады.* **Құп тұтты.** *Мақұл көрді, тыңдады, құлақ асты.*
**ҚҰПИЯ** [ар. خفية] зат. **1.** *Еш жанға айтылмаған, жария болмаған жасырын сыр. // Жасырын, байқатпай, білдірмей. // Жасырын, көпке жария қылмайтын, астыртын.*
**Құпия ақпарат.** инф. <ағыл. sensitive information> *Құқықтық режимін меншік иесі коммерциялық, кәсіптік (өнеркәсіптік) құпия, мемлекеттік қызмет жайындағы және басқа заңнамалық кесімдер негізінде тағайындайтын қызметтік, кәсіптік, өнеркәсіптік, коммерциялық және т.б. ақпарат қорғауды талап ететін ақпарат.* **Құпия ақпаратты қорғау жүйесі.** инф. <ағыл. secret informarion security system> *Авто-маттандырылған жүйелердегі ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыздандыруға арналған ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарлама-техникалық құралдар кешені.* **Құпия да** ауыс. **беру.** *Жасырын, жария емес сайлау.* **Құпия жауап.** әск. *Күзетте, барлауда, қарауылда тұрғанда өз адамдарын танып білу үшін жақындап келгенде айтылатын жауап.* **Құпия карта.** әск. *Әскерлерге құпия басшылық жасау үшін қолданылатын карта.* **Құпия кетті.** *Ешкім білмеді, сыры ашылмады.* **Құпия сауда-саттық.** экон. *Сауда-саттықты жүргізу кезінде тендер комитеттері сауда-саттыққа қатысушылардың көз алдында ұсыныстарды ашпайтын және қандай фирманың немесе консорциумның тапсырыс алғаны туралы мәліметтерді жарияламайтын халықаралық сауда-саттық.* **Құпиясын ашу.** *Сырын табу, мәлім ету.* **Құпия тілдер.** лингв. *Әлеуметтік топтар, саудагерлердің, кәсіпкерлердің, қайыршылардың арасында тараған жаргондардың шартты атауы.*
**ҚҰПИЯЛА=** ет. *Құпия сыр қылып, жария етпеу, жасыру.*
**ҚҰПИЯЛАН=** ет. *Сыр қылып жария етпеу, жасыру.*
**Құпияланған байланыс.** инф. *Телеграф, фототелеграф, телефон арқылы берілетін хабар құпияландыру аппаратурасы арқылы берілу процесінде шифрланатын байланыс.*
**ҚҰПИЯЛАНДЫР=** ет. *Жасыру, құпия еттіру.*
**ҚҰПИЯЛАНДЫРУ** *Құпияландыр етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПИЯЛАНУ** *Құпиялан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПИЯЛАС** сын. *Жасырын іс-әрекеті бір. // Сырлас, мұңдас адам.*
**ҚҰПИЯЛАС=** ет. *Бірігіп жасыру.*
**ҚҰПИЯЛАСУ** *Құпиялас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПИЯЛАУ**[1] сын. *Ешкім білмейтін жасырындау, жұмбақтау.*
**ҚҰПИЯЛАУ**[2] *Құпияла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПИЯЛЫ** сын. *Жасырын, астыртын, жұмбақ сырға толы.*
**ҚҰПИЯЛЫҚ** зат. сөйл. ***Құпиялылық.***
**Құпиялық белгісі.** инф. *Беру көзінің өзінде және (немесе) оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, беру көздерінде қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін куәландыратын деректемелер.*
**ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Жасырын сыр, ешкім білмейтін астыртын, жұмбақ іс.* **2.** заң. <ағыл. privacy> *Мәліметтерді авторландырылмаған қатынас құрудан қорғаушылық.*
**Құпиялылық грифі.** инф. *Мәліметтер тасушыдағы ақпараттың құпиялық дәрежесін растайтын реквизиттер.* **Құпиялылықты қорғау.** заң. *Мәліметтерге қатысы бар кез келген адамға қауіп төндіретін, қиындық, ыңғайсыздық тудыратын немесе шығын әкелетін қандай болса да қол сұғудан (араласудан) немесе кездейсоқ оқиғадан мәліметтерді берік қорғау, сақтау және мәліметтің құпиялығын жасақтау үшін әкімшілік, техникалық және физикалық шаралар жиынтығын заң күшіне енгізу.*
**ҚҰПИЯСӨЗ** зат. инф. *Бағдарламалар мен мәліметтерді рұқсатсыз пайдаланудан қорғау ретінде желімен байланысу үшін немесе мәліметтерді, файлды оқу мақсатында енгізілетін жасырын код.*
**ҚҰПИЯСЫЗ** сын. *Ешқандай құпиясы, жасырын сыры жоқ.*
**ҚҰПИЯСЫЗДА=** ет. *Құпиясын ашу, сырын ашу.*
**ҚҰПИЯСЫЗДАУ** *Құпиясызда етістігінің қимыл атауы; құпиясын жариялау, жария ету.*
**ҚҰПИЯШЫЛ** сын. *Сыр түйгіш, жасырғыш.*
**ҚҰП-ҚУ** сын. **1.** *Құрғақ, кебу, кепкен.* **2.** *Қураған, тап-тақыр.* **3.** ауыс. *Өңі қашып бозарған, боп-боз.*
**Құп-қу болды.** *Өңі қашты, сұрланды.*
**ҚҰП-ҚУНАҚ** сын. *Шып-шырақ, сергек.*
**ҚҰП-ҚУЙТТАЙ** сын. *Кіп-кішкентай, титімдей.*
**ҚҰП-ҚҰП** мод. сөйл. *Мақұл, өте жақсы, құба-құп.*
**ҚҰП-ҚҰПТА=** ет. сөйл. *Мақұлдау, қоштау.*
**ҚҰП-ҚҰРҒАҚ** сын. **1.** *Су, ылғал емес, тым құрғақ, кепкен.* **2.** *Шөлден аузы кеуіп қалған, кебірсіген.*
**ҚҰПТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қуаттау, мақұлдау, қоштау, растау.* **2.** *Жақсы, оң баға беру, дұрыс көру.* **3.** *Ұнату, жақсы көру.* **4.** ауыс. *Көңілден шығу, жанға жайлы тию.*
**ҚҰПТАЛ=** ет. *Мақұлдану, қошталу, расталу.*
**ҚҰПТАЛУ** *Құптал етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПТАН** үст. **1.** *Ел жататын мезгіл.* **2.** діни. ***Құптан.*** *Бес уақыт намаздың жұлдыз жамырағанда, түнгі сағат 10-11 аралығында оқылатын соңғысы.*
**Құптан мезгіл.** діни *Құптан намазы оқылатын шақ.* **Құптан намаз.** діни. *Ымырт үйірілгеннен таң бозара бастағанға дейінгі аралықта оқылатын мұсылманның бес уақыт парыз намаздың соңғысы.*
**ҚҰПТАРЛЫҚ** сын. *Құптауға тұрарлық.*
**ҚҰПТАС=** ет. *Бір-бірін қоштау, қуаттау, мақұлдасу.*
**ҚҰПТАСУ** *Құптас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПТАТ=** ет. *Біреуге өзін мақұлдату, қоштату, келісімін алу.*
**ҚҰПТАТУ** *Құптат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚҰПТАУ** *Құпта етістігінің қимыл атауы; құп көру, қоштау; мақұлдау.*
**Құптау айтты.** *Қош көрді, қостады, дұрыс деп тапты.* **Құптау сөз.** *Мақұлданған қорытынды пікір, қоштау сөз.*
**ҚҰПТАУЛЫ** сын. *Мақұлданған, қошталған.*
**ҚҰПТАУШЫ** зат. *Біреудің айтқанын мақұлдаушы, жақтаушы, қостаушы.*
**ҚҰПТАУШЫЛЫҚ** зат. *Бір істі қуаттаушылық, мақұлдап қостаушылық.*
**ҚҰПТЫЛЫҚ** зат. *Қабылдап, мақұл көрушілік, қоштаушылық.*
**ҚҰПЫРА: құпырасы қашты.** *Зәресі ұшты, қорықты, зәр-иманы қалмады.*
**ҚҰР**[1] зат. этн. *Киіз үйдің керегелері мен уықтарын және ұзіктің ішкі жағын т. б. байлайтын ені 2-3 елідей, тоқып немесе есіп жасалған жалпақтау бау.*
**Құр айыл.** *Құрдан жасаған айыл, жалпақ тартпа.* **Құр алақан емес.** *Түгі жоқ, құр емес; бірдеңелері бар.* **Құр аулақтан үрген иттей.** *Бостан-босқа шулап.* **Құр белбеу.** *Құр тәрізді етіп жіптен тоқыған жұмсақ сәнді белбеу.* **Құр бекер.** *Бостан-бос, тектен-тек.* **Құр даурықпа.** *Бос, негізсіз айғай-шу, көпірме бос сөз.* **Құр желбау.** *Құрдан жасалған желбау.* **Құр жібермеді.** *Босатпады, құр қалдырмады.* **Құр ноқта.** *Құлынның басына жұмсақ болу үшін құрдан жасалған ноқта.*
**ҚҰР**[2] зат. зоол. <лат. lyrurus tetrix> *Таулы және орманды жерлерде жүріп, тіршілік ететін тауық тұқымдас жабайы құс.*
**ҚҰР**[3] зат. физ. *Бірнеше көздердің кез келгенінен бірнеше орындардың кез келгеніне жалпы қосылыс бойынша ақпарат тарату үшін пайдаланатын көпталшықты электр жолы.*
**ҚҰР**[4] сын. **1.** *Мінілмеген, семіз, қоңды (мал).* **2.** *Еркін, бос жүрген, құрық тимеген.*
**Құр айғыр.** *Ұсталмай жылқы арасында жүрген, мініске үйретілмеген семіз, қоңды, асау айғыр.* **Құр ат.** *Ұзақ уақыт мінілмеген семіз, тың ат.* **Құр атқа мінгендей болды [құр аттай болды].** *Тынықты, тыңайды, сергіді.* **Құр аттай.** *Ұзақ уақыт мінілмеген, тың ат сияқты.*
**ҚҰР**[4] од. *Жылқыны ұстарда шақыратын немесе тоқтатарда айтатын ишарат сөз.*
**ҚҰР**[5] үст. **1.** *Бекер, босқа, текке.* **2.** *Жай, әшейін.* **3.** *Жалаң, бос.* **4.** *Тек қана, бір ғана.*
**Құр айқай.** а) *Әуенсіз, мақамсыз ән, саз.* ә) *Мәнсіз бос сөз.* **Құр айласыз.** *Бос, ақылсыз, ойсыз.* **Құр атақ.** *Өзі лайықты емес, бос атақ, дәреже.* **Құр аттанды.** *Дәм татпай кетті, құр ауыз қайтты.* **Құр ауыз жіберді.** *Дәм татқызбады, ас берместен аттандырды.* **Құр ауыз кетті [қайтты, шықты].** а) *Дәм татпады, ештеңе жемей құр аттанды.* ә) *Ішімдік іше алмады.* **Құр аяқ.** *Бос ыдыс.* **Құр аяққа бата қылды.** *Бос сөз болды, бос әурешелік.* **Құр әншейін.** *Жай ғана, текке, бекер, босқа.* **Құр әңгіме.** *Бос сөз.* **Құр әурешілік.** *Текке, құр босқа зая кеткен еңбек, бос тірлік.* **Құр басы.** *Еш дүние-мүлкінсіз, құр қол.* **Құр бекер [босқа].** *Бостан-босқа, тек, әншейін.* **Құр беталды.** *Бостан-басқа, мәнсіз, нәтижесіз.* **Құр дала.** *Меңіреу жатқан шөлді, құмды жазық жер.* **Құр далаға кетті.** *Бостан-босқа еңбек етті, істеген ісі зая кетті.* **Құр далбаса.** *Бос даурықпа, жай, әншейін әуре-сарсаң.* **Құр даңғаза.** *Бос айқай, байбалам.* **Құр даурықпа.** *Жай бөспе, бос далбаса.* **Құр долбар.** *Жай сөз, әншейін болжал.* **Құр дорба.** *Құрдан жасалған қалта, кішкентай қапшық.* **Құр жаяу емес.** *Жай, тегін адам емес.* **Құр жібермеді.** *Бос өткізбеді, міндетті түрде барды, қатысты.* **Құр келді.** *Құр қол, еш нәрсесіз, құралақан келді.* **Құр кетті.** а) *Дәм татпай шықты, ештеңе жемей, құр аттанды.* ә) *Бос болды, зая кетті.* **Құр көкірекке [кеудеге] салды.** *Бостан-босқа даурықты, күш көрсетпек болды.* **Құр күйді.** *Жазықсыз жапа шекті, тектен-текке азапқа түсті.* **Құр қалбақтап ұшу.** *Ештеңе бітірмеу, бос жүру, уақытын босқа өткізу.* **Құр қалды.** *Еш нәрседен үлес ала алмады, бос қалды, пайда көрмеді.* **Құр қалта.** *Ақшасы жоқ, қаражатсыз.* **Құр қанжыға.** *Құралақан, құрқол, олжасыз.* **Құр қиял.** *Тек арман ғана.* **Құр қол.** а) *Еш нәрсесіз, бос.* ә) *Қарусыз, саймансыз.* **Құр қол барды [келді].** *Қолында сыйлығы жоқ, құр алақан келді.* **Құр қуыс.** *Іші бос, заты жоқ.* **Құр рәсуа.** *Бостан-босқа шығын*

*шығарушылық, ысырап.* **Құр сөз.** *Бос әңгіме, былшыл.* **Құр сүлдері [сүйегі] қалды [шықты].** *Әбден азып-тозды, арықтады, жүдеді.* **Құр сүлдерін сүйретті.** *Азып-тозды, титықтады.* **Құр сілікпе.** *Қажыған, шаршаған, азып-тозған.* **Құр тастамады.** *Бос, бекерге қалдырмады.* **Құр текке.** *Бекер, босқа.* **Құр тұлыпқа мөңіреген сиырдай болды.** *Өтірік, жалған нәрсеге сенді, жоққа иланды.* **Құр уайым.** *Босқа қапаланушылық, қара аспанды төндіру.* **Құр шыбыны [жаны] ғана бар.** *Әбден жүдеп-жадаған, азғын.* **Құр шықпа.** этн. а) *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы үйге келген қонақтың алдына ас-су қою, қазан көтеріп, дәм татыру салты.* ә) *Қазақ салт-дәс-түріндегі үйге бірінші рет келіп тұрған адамға жолы деп, ер адамға – жейде, әйел адамға көйлек-орамал т.б. кигізу салты.*

**ҚҰР=** ет. **1.** *Қоғамдық, әлеуметтік күштер негізінде бір істі ұйымдастыру, бір нәрсенің негізін салу, жасау, орнату.* **2.** *Жинау, басын құрау.* **3.** *Бір нәрсені жайғастырып, орнықтырып қою. // Ілу, тұту, керу.* **4.** *Ашылмастай етіп бекіту.*

**ҚҰРА=** ет. **1.** *Матаның, терінің қалған қиындысынан, бөлшектенген құрағынан құрастырып іс тігу.* **2.** *Бір нәрсенің басын қосып топтастыру, жинау, біріктіру, қосу.* **3.** *Өлең жолдарын немесе айтпақ ой-пікірді нақышына келтіре үйқастыру, жақсы, жатық етіп құрастыру.* **4.** ауыс. *Ұйымдастыру, ұйыстыру, құру.*

**ҚҰРАҒЫТ=** ет. **1.** көне. *Бір істі орындауға ынтық болу, құмарту; талпыну.* **2.** *Құстың ұша алмай жер бауырлап қалуы.*

**ҚҰРАҒЫТУ** *Құрағыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАЙ** од. *Жылқыны айдағанда немесе қайырғандағы айқай.*

**ҚҰРАЙ-ҚҰРАЙ** од. *Қой малын шақырғанда айтылатын сөз, пұшәй-пұшәй.*

**ҚҰРАЙЛА=** ет. *Жылқыны, қой малын құрай-құрай деп қайыру, айғайлау.*

**ҚҰРАЙЛАУ** *Құрайла етістігінің қимыл атауы; жылқыны қайыру.*

**ҚҰРАЙТ**: **құрайт салды.** *Құрайлап айқайлады.*

**ҚҰРАЙТ-ҚҰРАЙТ** од. *Жылқының күйін келтіру үшін еліктіре айтылатын сөз.*

**ҚҰРАЙТТА=** ет. *Жылқыға құрайт-құрайт деп да* ауыс. *тау, айқайлау.*

**ҚҰРАЙТТАУ** *Құрайтта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАЙЫШ[1]** зат. *Жалбыр жүнді қозы терісінен немесе сеңсеңнен тігілген түрікмен халқының ұлттық бас киімі; сеңсең бөрік.*

**Құрайыш бөрік.** *Жиексіз, төртбұрыштау, тіктеу келген, елтіріден жасалған, көбіне әскери адамдар киетін бас киім.*

**ҚҰРАЙЫШ[2]** зат. *Көне Меккені билеген, Мұхаммед пайғамбар шыққан араб тайпаларының бірі.*

**ҚҰРАҚ[1]** зат. **1.** *Тігілген киімнен, теріден қалған түрлі қиынды.* **2.** *Құрақ көрпе (төрге төсейтін көрпеше).* **3.** этн. *Қазақ дүниетанымындағы «тіл-көзден» сақтайды деген наным-сеніммен арнайы ырымдап тігілетін көрпе-көрпеше, жабу сияқты бұлөнер бұйымдары.*

**Құрақ көрпе.** этн. *Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб тәрізді өрнектерден құралған жеңіл көрпе, көрпеше.* **Құрақ құрады.** а) *Бүтін заттың кесінділері мен қиындыларынан қиюластырып, өрнекті бұйым жасады.* ә) *Мата қиындыларын түр-түсіне, пішініне (ромб, қиық т.б.) қарай қиюластырып іс тікті, көрпе-жастық жасады.*

**ҚҰРАҚ[2]** зат. өс. **1.** *Көл яки су жиегіне жайқалып өсетін балғын да балауса шөп; қамыстың жас, балауса кезі.* **2.** ауыс. *Жасөспірім, балдырған.*

**ҚҰРАҚ[3]** зат. *Күзгі суықтан кейін өсімдікте қалған мақтаның ашылмай қалған қозасы.*

**Құрақ жинағыш мәшине.** тех. *Қалған мақтаны жинауға арналған жартылай жабық ауылшаруашылық мәшинесі.*

**ҚҰРАҚ[4]**: **құрақ ұрды.** *Құрдай жорғалады, зыр қақты.* **Құрақ ұшты.** *Жік-жапар болды, жаны қалмай қызмет етті, құрдай жорғалады, бәйек болды.*

**ҚҰРАҚ-ҚҰРАҚ[1]** сын. *Жамау-жамау, шоқпыт-шоқпыт.*

**ҚҰРАҚ-ҚҰРАҚ[2]** сын. *Құрағы көп, құрақ өскен.*

**ҚҰРАҚ-СҰРАҚ** зат. сөйл. *Құрақ және сол сияқтылар, қалған-құтқан мата қиындылары.*

**ҚҰРАҚСЫЗ** сын. *Құрақ өспеген, құрағы жоқ.*

**ҚҰРАҚТАЙ** сын. *Жас, балғын, балауса.*

**Құрақтай жапырылды.** *Құрақ ұшты, жік-жапар болды, бәйек қақты.* **Құрақтай құлады.** *Айтқанға көнді, не айтса да орындады.*

**ҚҰРАҚТЫ[1]** сын. *Құрақтан жасалған, құрақтан құрап тігілген.*

**ҚҰРАҚТЫ[2]** сын. *Құрағы мол өскен, құрағы қалың.*

**ҚҰРАҚША** үст. *Құрақ тәрізді, құраққа ұқсап.*

**ҚҰРАЛ** зат. **1.** *Белгілі бір іс, шаруашылық үшін қажетті аспап, сайман.* **2.** *Соғыста пайдаланылатын қару.* **3.** инф. <ағыл. facility, tools> *Қандай да бір процесті автоматтандырылған түрде орындайтын аппараттық немесе бағдарламалық құралдар.* **4.** *Әдіс-тәсіл.*

**ҚҰРАЛ=** ет. *Жинақталу, топтастырылу, басы бірігу.*

**ҚҰРАЛАЙ[1]** зат. **1.** *Жабайы, тағы аң; киік, бөкен.* **2.** *Киіктің жас лағы.* **3.** ауыс. *Сүйкімді, көрікті, тым әдемі, сұлу қыз.*

**Құралайды көзге атқан.** *Атқан оғы дөп тиетін, қас мерген.* **Құралайдың көзіне дәл қадайтын.** *Қадаған жеріне дәл тигізетін; қас мерген.* **Құралайдың көзінен өтетін.** *Дәл, тура, дөп тиетін (мылтық).* **Құралай көз.** *Құралайдың көзі сияқты, мөлдіреген, әдемі, мойыл көз.*

**ҚҰРАЛАЙ[2]** зат. этн. *Май айының екінші жартысында болатын 8–10 күндей жауынды-шашынды мезгіл; амал.*

**Құралайдың салқыны [суығы].** этн. *Мамыр айының орта шенінде басталып, бес-жеті күнге созылатын қара суық; халық күнтізбесіндегі жеті амалдың бірі [Осы кезде көктемгі салқын түсіп, қар жауады. Киіктер төлдеп, құралайының кіндігі мұзға жабысып түсіп қалады, қазақтың есепшілері текебұрқылдақ амалы - текелердің шағылысатын кезіне қарап, құралайдың салқыны амалының уақытын дәл анықтап отырған].*

**ҚҰРАЛАЙГҮЛ** зат. өс. <лат. myosotis> ***Ботагөз*** *(айлауық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ҚҰРАЛАЙДАЙ** сын. **1.** *Құралай сияқты.* **2.** *Әдемі, аса көрікті, келбетті.* **3.** ауыс. *Көзі жайнаған, нұрлы.* **4.** ауыс. *Ойнақы, ерке.*

**ҚҰРАЛАҚАН** сын. **1.** *Еш нәрсе алмаған, қолында еш нәрсесі жоқ, құр қол.* **2.** *Жоқ, ада.*

**Құралақан қалды.** а) *Қолына еш нәрсе тимеді, сыбаға алмады, құрқол қалды.* ә) *Бос, қара жаяу қалды.*

**ҚҰРАЛАС=** ет. *Қарым-қатынаста болу, араласу.*

**ҚҰРАЛ-АСПАП** зат. **1.** *Белгілі бір істі орындау үшін пайдаланылатын сайман, жабдық.* **2.** *Соғыс ісіне қажетті қару-жарақ.*

**ҚҰРАЛҒЫЛЫҚ: құралғылық эмальдар.** хим. *Химиялық аспаптардың беттерін жемірліктен қорғауға арналған эмальдар.*

**ҚҰРАЛДА=** ет. жерг. *Дайындау, әзірлеу, жабдықтау.*

**ҚҰРАЛДАН=** ет. **1.** *Құрал-аспаппен қамтамасыз етілу, керек-жарағын алу, жабдықтану.* **2.** *Соғыс қару-жарағымен қарулану.* **3.** ауыс. *Оймен, қиялмен, сөзбен қарулану.*

**ҚҰРАЛДАНДЫР=** ет. *Құралмен қамсыздандыру, қамтамасыз ету, жабдықтау.*

**ҚҰРАЛДАНДЫРУ** *Құралдандыр етістігінің қимыл атауы; жабдықтау.*

**ҚҰРАЛДАНУ** *Құралдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАЛДАС** сын. *Қарулас, майдандас.*

**ҚҰРАЛДАУ** жерг. *Құралда етістігінің қимыл атауы; жабдықтау, дайындау.*

**ҚҰРАЛДЫ** сын. *Қару-жарақпен, құрал-сайманмен жабдықталған, қарулы.*

**Құралды көтеріліс.** тар. ***Қарулы көтеріліс*** *(қолға қару алып, қарсы шыққан ереуіл).*

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ** зат. **1.** *Шаруашылық мекемелерге, өндіріс орындарына, оқу орындары мен зертханаларға қажетті саймандар мен жабдықтар.* **2.** *Соғысқа қажетті қару-жарақ.* **3.** спорт. *Спортшыларды үйретуге арналған залда немесе жаттығу алаңдарында болатын арнайы құралдар.*

**ҚҰРАЛПАС** сын. жерг. *Жас жағынан шамалас, құрдас, қатарлас.*

**ҚҰРАЛПЫ** сын. **1.** *Жас шамасы, мөлшері тең, тұстас, қатар.* **2.** *Тәрізді, сияқты.*

**ҚҰРАЛПЫЛАС** сын. сөйл. ***Құралпы.***

**ҚҰРАЛ-САЙМАН** зат. **1.** *Түрлі шаруашылық салалары мен өндіріс орындарына қажетті, соған пайдаланылатын жабдықтар мен аспаптар.* **2.** әск. *Соғыс ісіне қажетті әскери қару-жарақтар.* **3.** әск. *Әскерлердің ұрыс кезінде жеке құрамның ор қазуға, фортификациялық құрылыстар, маневр жолдарын жасауға, көпір құрылысына және бөгеттер жасауға қажетті құралдар.*

**Құрал-сайман цехы.** тех. *Қалып, соққыш, әртүрлі құрал жасайтын цех.* **Құрал-сайман шеберханасы.** *Құрал-сайман сақталатын орын.*

**ҚҰРАЛ-САЙМАНСЫЗ** сын. *Ешбір аспапсыз, түксіз, қарусыз.*

**ҚҰРАЛСЫЗ** сын. **1.** *Қолында тиісті аспабы, сайманы жоқ.* **2.** *Қару -жарағы жоқ, қарусыз.* **3.** ауыс. *Қауқарсыз, нәрсіз, қуатсыз.*

**ҚҰРАЛСЫЗДАН=** ет. *Аспап-сайман, қару-жарақтан ада болу, қарусыздану.*

**ҚҰРАЛСЫЗДАНДЫР=** ет. *Қарусыздандыру.*

**ҚҰРАЛСЫЗДАНДЫРУ** *Құралсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАЛСЫЗДАНУ** *Құралсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАЛСЫЗДЫҚ** зат. *Құралы жоқтық, қарусыздық.*

**ҚҰРАЛУ** *Құрал етістігінің қимыл атауы; жинақталу, басы бірігу.*

**ҚҰРАЛЫМДАР** зат. тех. <лат. constructio> *Мәшине мен ғимараттардың немесе тораптар құрылысы мен жұмысының сұлбасы және сол мәшине, ғимарат, тораптың өзі мен бөлшектері.*

**ҚҰРАЛЫМДЫҚ** сын. *Құрылымға қажетті, құралым жасауға арналған.*

**Құралымдық материалдар.** тех. *Құралымдарды жасауға арналған материалдар.*

**ҚҰРАЛЫПТАС** сын. **1.** *Жас жағынан шамалас, құралпас.* **2.** *Бір нәрсеге ұқсас, тәріздес, сияқты.*

**ҚҰРАЛЫПТЫ** сын. *Құралыптас, құралпылас.*

**ҚҰРАМ** зат. **1.** *Бір бүтін нәрсенің барлық бөлшектері, жиынтығы.* **2.** ресми. *Жалпы жиналыс президиумының, болмаса арнайы бір комиссияның, ұйымның құрылымына енетін адамдардың жиынтығы, сан құрамының, мөлшері.* **3.** *Белгілі бір әлеуметтік топты құрайтын адамдар (жиынтығы).* **4.** *Бірнеше нәрсенің қосындысынан тұратын зат.* **5.** *Өзара тіркеу құрылғылармен бекітілген бірнеше вагоншалар (вагондар).*

**ҚҰРАМА[1]** зат. **1.** тар. *Әр тараптан басы қосылған, бір жерге жиналып біріккен ел, жұрт.* **2.** әск. *Әртүрлі әскери бөлімдерден немесе тұтас бір қол боп құралған жоғары басшылығы мен штабы бар әскери бірлестік, топ.* **3.** жерг.

*Көпшілік бас қосқан жалпы жиналыс.* **4.** спорт. сөйл. *Құрама команда.*

**Құрама десант.** әск. *Танк, атқыштар, жаяу әскер, мотоатқыштар т.б. әскерден құралып, жауынгерлік тапсырманы орындауға дайындалатын әскери бөлім.* **Құрама команда.** спорт. *Түрлі спорт жарыстарына қатынасатын таңдаулы спортшылар құрамы.* **Құрама отряд.** *Түрлі маман иелерінен құралған топ.*

**ҚҰРАМА[2]** сын. **1.** *Жеке, бөлек нәрселерден құралған, қосылған қосынды, құранды.*

**Құрама азық.** *Әртүрлі жемнің басын қосып жасалған қуаты мол мал жемі.* **Құрама баяндауыш.** лингв. *Есім мен көмекші етістіктен құралған күрделі баяндауыш.* **Құрама домбыра.** *Шанағы бөлек-бөлек жасалған бөлшектерден құралып жасалатын домбыра.* **Құрама [болат] дулыға**. этн. *Әр бөлігі металдан жеке жасалынып, бір-біріне бекітілген жауынгерлік бас киім.* **Құрама желі.** инф. <ағыл. composite network> *Тораптар мен байланыстардың берілген жиынтығы бойынша құрастырылған гипермедиалық желі.* **Құрама жем.** малшар. *Зауыт жағдайларында үш немесе одан да көп азық қосындыларынан жасалатын азық; арнайы рецепт бойынша жасалған азықтың майдаланған дайын қоспасы.* **Құрама жем агрегаты.** *Үш немесе одан да көп азық қосындыларынан жасалатын азықты майдалауға арналған агрегат.* **Құрама жем цехы.** *Үш немесе одан да көп азық қосындыларынан жасалатын азықты жасауға арналған цех.* **Құрама объект.** инф. <ағыл. composite object> *Екі және одан да көп өзара байланысты объектілерден тұратын объект.* **Құрама садақ**. *Садақтың салмағын жеңілдетіп, беріктігі мен серпінділігін арттыру үшін ағаш, сүйек, мүйіз сияқты материалдардан құралып, біріктіріліп жасалған садақ түрі.* **Құрама сандар.** мат. *Кем дегенде үш не бірнеше бөлгіштері бар сандар.* **Құрама сутартқыш құдық.** сушар. *Тік ұңғымалы құрылым жүйесіне горизонтальды кәріз көмегімен жалғанатын құдық суын тұтынушыларға жеткізіп тарататын құрылғы.* **Құрама сүрлем.** *Өсімдік, астық, тамыр жемістерден дайындалған маңызды толыққанды азық.* **Құрама тыңайтқыш.** *Құрамында негізгі екі немесе үш элемент (азот, фосфор, калий) болатын кешенді тыңайтқыш.*

**ҚҰРАМА=** ет. көне. *Санатқа қоспау, есепке алмау.*

**ҚҰРАМАЙ**: **құрамай қапты.** *Құралақан қалды, жер соқты, қара жаяу қалды; дәмеленген нәрседен құр қалды.*

**ҚҰРАМАЛЫ** сын. **1.** *Әр тараптан құралған, әр жақтан жиналған.* **2.** *Жиналмалы, алмалы-салмалы; құрастырмалы.*

**ҚҰРАМАЛЫҚ** зат. *Бірнеше құрамдас бөліктен тұрушылық.*

**ҚҰРАМБӨЛІК** зат. кен. *Кен және одан алынатын өнімдердегі бағалы заттар.*

**Құрамбөліктердің жылжымалылық қатары.** *Метасоматоздық процестегі химиялық элементтердің жылжымалылық реті.* **Құрамбөліктердің орналасу біркелкілігі.** кен. *Бағалы минерал түйіршіктерінің кен кесектерінде орналасуының біркелкі болу-болмауының көрсеткіші.*

**ҚҰРАМДАН** = ет. *Толығу, қауымдасу.*

**ҚҰРАМДАС** сын. *Өзара тығыз байланысты, сабақтас.*

**Құрамдас бөліктер.** *Қандай да бір қоспаның немесе қауымдастықтың құрамды бөлігі.*

**ҚҰРАМДАУЫШ** зат. тех. *Құрайтын, құрамында болатын (зат).*

**ҚҰРАМДЫ** сын. *Бір нәрсенің құрамына енетін, соның бөлігі саналатын.*

**Құрамды индекс.** инф. <ағыл. concatenated index> *Аргументі атрибуттар мәндерінің комбинациясы болатын индекс.* **Құрамды оператор.** инф. <ағыл. compound statement> *Қарапайым операторлар тізбегінен тұратын оператор.* **Құрамды ұқсастырғыш.** инф. <ағыл. qualified identifier> *Бір-біріне қабаттасқан және сол объектіні ұстайтын топтамалар ұқсастырғыштарын қосатын объект ұқсастырғышы.*

**ҚҰРАМДЫҚ** сын. *Құрамға қатысты, соған тән.*

**ҚҰРАМСАҚ** сын. жерг. *Тұрақсыз, айнығыш.*

**ҚҰРАМЫЛТҚАН** сын. *Талықсыған, ұйыған.*

**ҚҰРАМЫС** сын. *Құрақтан құралған, құрақ-құрақ.* **2.** *Құранды, жамау-жасқаулы.*

**ҚҰРАН** [ар. قرآن] зат. діни. **1.** *Ислам дінінің негізгі қағидалары көрсетілген, Мұхаммед пайғамбардың 610-632 жылдар аралығында Мекке мен Мединеде пайғамбарлық аяндар түрінде айтылған уағыздарының жазба жинағы ретіндегі мәтіні, 114 сүреден тұратын мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы, адамзат баласына Алла тағаладан көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі.* **2.** *Құран кәрім аяттары толық жазылған кітап. // Құранның дауыстап оқылған аяттары.*

**Құран аударды.** діни. *Қайтыс болған кісіге сауабы тисін деп, Құранның аят, дұғаларын оқыды.* **Құран аудару.** діни. *Қайтыс болған адамға сауабы тисін деп, Құранның аят, дұғаларын оқыту.* **Құран аяты**. діни. *Құран сүрелерінің белгілі бір шумағы.* **Құран бағыштау.** діни. *Марқұмға иман тілеп, Құран сүре, аяттарын оқу.* **Құран дәметті.** этн. *Алладан рақым тілеп, аруағына бағыштап құран оқуын күтті; Құран бағыштауын тіледі.* **Құран кәрім**. діни. *Қасиетті Құран.* **Құран көтерді.** діни. *Діндарлық, тақуалық жолға түсті, Құранды уағыздады.* **Құран қайтарды.** діни. *Аллаға ғибадат қылып Құран оқыды.* **Құран қайырды.** *Құранды бірнеше мәрте аударды, оқыды.* **Құран оқыды.** діни. *Өлген адамға арнап немесе Аллаға ғибадат етіп Құран сүрелері мен аяттарын оқыды, дұға қылды.* **Құран сөзі**. а) *Қасиетті Құран кәрім аяттары мен сүрелері.* ә) *Қасиетті Құран кәрім кітабы.* **Құран сөзіндей.** *Құдай тағаланың қасиетті сөзіндей.* **Құран түсірді.** діни. *Өлген адамға иман сұрап, соған бағыштап аят оқыды, дұға қылды.* **Құран ұстады.** а) *Дін жолына түсті.* ә) *Жалынып, жалбарынды.* б) *Құранды ұстап тұрып ант берді, ант-су ішті.* **Құран хатым.** діни. *Толықтай оқылған Құран.* **Құран хатым қылды.** діни. *Құран қатым шығарды (Құран кәрімді толығымен оқып шықты, Құран түсірді).* **Құран шығарды.** *Өлген адамның аруағына бағыштап Құранды бастан-аяқ оқып шықты, Құран аударды.* **Құран шығартты.** *Құран оқытты.* **Құран шықты.** діни. *Құран бағыштады, оқыды.*

**ҚҰРАНДАЙ** сын. **1.** *Құран сөзіндей, қасиетті, ең қадірлі сөздей, Алланың сөзіндей.* **2.** ауыс. *Имандай, Құдайдай, кәміл.*

**ҚҰРАНДАЛЫ** сын. жерг. *Әртүрлі заттардан жасалған, құрамалы.*

**ҚҰРАНДАС=** ет. *Бәтуаласу, серттесу.*

**ҚҰРАНДАСУ** *Құрандас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАНДАТ=** ет. *Құран аудару.*

**ҚҰРАНДЫ** сын. **1.** *Әртүрлі нәрседен құралған, біріккен; біртекті емес, құрама.* **2.** *Құрастырмалы, қоспалы, қиыспалы.*

**Құранды азық.** малшар. *Құрама жем; түрлі концентраттың қосындысынан жасалған мал жемі.* **Құранды әдіс.** тех. *Әртүрлі үдерістердің тиімділігін арттыру үшін екі немесе бірнеше әдісті мәшинелер түрлерін ұштастыра қолдану.* **Құранды бөлік.** *Бір нәрсенің құрамдас бөлігі.* **Құранды ер.** этн. *Құрап жасалған, қасы қошқар тұмсық келген, отырар жері жалпақтау жасалған үлгісіне, сыртқы түріне қарай ердің бір түрі.* **Құранды кен жұмыстары.** кен. *Пайдалы қазылымдарды қазып алуда жерасты және ашық қазу әдістерін белгілі бір технологиялық байланыста бір мезгілде немесе кезектестіре қолдану.* **Құранды қазу жүйелері.** кен. *Камералар мен кентіректерге бөліп, бір сызбамен дайындалған блоктарды әртүрлі қазу жүйелерін қолданып қазу.*

**ҚҰРАНСЫЗ** сын. *Құранның қатысынсыз.*

**ҚҰРАНШЫ** зат. діни. *Құран жолын ұстанатын, әрбір істейтін амалының орындау барысын құраннан іздеуші, дәріптеуші діни ағым және сол ағымдағы адамдар.*

**ҚҰРАҢҒАРЛАР** зат. геогр. *Маусымдық нөсерлер ағыны есебінен шөлді аймақтарда өте тез пайда болатын тік жағалы өзеншелер немесе жыралар аңғары.*

**ҚҰРАПА** зат. жерг. *Мәжіліс, кеңес.*

**ҚҰРАПАТ** зат. *Адамдар тобы, жамағат.*

**ҚҰРАРЫ** зат. *Бастамашы, ақылшы.*

**ҚҰРАС=** ет. **1.** *Бірігу, топтасу, топталу.* **2.** *Құралу, құрастырылу.*

**ҚҰРАСТЫР=** ет. **1.** *Біріктіріп топтастыру, жинастыру.* **2.** *Құрау, үйлестіріп жалғап жасау.*

**ҚҰРАСТЫРМА** зат. *Әр нәрседен алынған, әр үзіндіден қосылған; жиынтық.*

**ҚҰРАСТЫРМАЛЫ** сын. **1.** *Жиналмалы, құралмалы, алмалы-салмалы.* **2.** *Әр түрден қосылған, құрамалы.*

**Құрастырмалы темір-бетон**. құр. *Өндірістік мәні зор ірі құрылыстар мен әртүрлі ғимараттарға арнап алуан түрлі конструкциялар мен детальдар өндіретін материалдың өндіріс саласы.*

**ҚҰРАСТЫРУ[1]** зат. **1.** пед. <лат. construo> *Балабақшада балаларды құрастырмалы ойыншықтармен әрекетке баулу ойыны мен сабағы.* **2.** инф. <ағыл. collection> *Аударғыш-түрлендіргіш (компилятор) бағдарламада объектілік модульдер мен сыртқы сілтемелер нұсқауларын біріктіру жолымен жеке түрлендірілген модульдер.*

**ҚҰРАСТЫРУ[2]** *Құрастыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Біріктіру, жинастыру.* **2.** *Құрау, үйлестіру.*

**ҚҰРАСТЫРУШЫ** зат. **1.** *Бір нәрсенің қиюын келтіріп істеуші, қиюластырушы, құрап жасаушы.* **2.** *Белгілі бір ғылыми еңбекті яки халық ауыз әдебиеті нұсқаларын бір жүйеге келтіріп жинаушы, соны кітап етіп шығарушы.*

**Құрастырушы жабдық.** тех. *Стансы ішіндегі коммуникацияларды құрастыру және бөлшектеу үшін қолданылатын жабдық.*

**ҚҰРАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Біріктіріліп, жинастырылу.* **2.** *Үйлестіру, жинақтап жасау.*

**Құрастырылған бүркемелер.** әск. *Оптикалық, бүркеніштердің немесе бүркеніш-экрандардың бүркеніш-бөгеттермен бірігуі.* **Құрастырылған тікұшақ.** тех. *Тікұшақ пен ұшақ жиынтығынан тұратын ұшу аппараты.*

**ҚҰРАСТЫРЫЛУ** *Құрастырыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біріктіріліп жинастырылу, құралу.* **2.** *Үйлестірілу, жинақтап жасалу.*

**ҚҰРАСТЫРЫС=** ет. *Бірлесіп жинақтасу.*

**ҚҰРАСТЫРЫСУ** *Құрастырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАСУ** *Құрас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАТ=** ет. *Өздігінен бір нәрсені құрастырту.*

**Басын құратты**. *Басқарды, біріктірді.*

**ҚҰРАТУ** *Құрат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАТЫЛ=** ет. *Өздігінен бір нәрсенің құрастырылуы.*

**ҚҰРАТЫЛУ** *Құратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАУ[1]** сын. *Бүтін (сау) емес; құрақ, жамау, құрсауланған.*

**Құрау кеткен керегедей.** поэт. *Қатты қайғылану, қасірет шегу деген мағынада.*

**ҚҰРАУ[2]** *Құра етістігінің қимыл атауы; құрастыру, тұрғызу.*

**ҚҰРАУ-ҚҰРАУ[1]** од. *Жылқыны шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

**ҚҰРАУ-ҚҰРАУ[2]** сын. *Жамап-жасқап қойған, құрсау салынған; жамау-жамау.*

**ҚҰРАУЛА=** ет. **1.** *Жылқыны қайырғанда немесе жемге, суға шақырғанда айғайлап құрау-*

*құрау деу.* **2.** *Тырнаның ұшып бара жатқанда құрау-құрау деп дауыс шығаруы, қиқулау.*

**ҚҰРАУЛАС=** ет. *Құрауласып айғайлау.*

**ҚҰРАУЛАСУ** *Құраулас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРАУЛАТ=** ет. *Құраулап жылқы қайырту.*

**ҚҰРАУЛАУ** *Құраула етістігінің қимыл атауы; құрау-құрау деп жылқы малын шақыру.*

**ҚҰРАУЛЫ** сын. *Жамауы көп, құралған.*

**ҚҰРАУСЫЗ** сын. **1.** *Әр жерге шашылған, жинаусыз.* **2.** *Жамауы жоқ, жамау салынбаған.*

**ҚҰРАУСЫЗ-ЖАМАУСЫЗ** сын. *Еш қоспасыз, таза.*

**ҚҰРАУЫШ** зат. тех. *Құрылғының, бағдарламаның, жүйенің, мәліметтердің құрамды бөлігі.*

**ҚҰРБАҚА** зат. зоол. <лат. bufonidae> **1.** *Суда да, құрлықта да өмір сүретін, қосмекенділер тобына жататын жәндік.* **2.** *Далалы жерлердің сулы мекендерінде көп кездесетін бақа түрі.*

**ҚҰРБАҚАДАЙ** сын. *Құрбақа сияқты.*

**ҚҰРБАҚАЛЫ** сын. *Құрбақасы көп, қалың.*

**ҚҰРБАҚАША** сын. *Құрбақа тәрізді, құрбақаға ұқсап.*

**ҚҰРБАН** [ар. قربان] зат. діни. **1.** *Құдайға құлшылық етудің бір амалы ретінде Аллаға арнап садақаға соятын мал, құдайы.* **2.** ауыс. *Асқақ, биік, асыл мақсатты орындау жолында жанын қиып, қаза болған адам.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің кесіріне қалған, жазықсыз жазым болған адам.* **4.** ауыс. *Жемтік.* **5.** ауыс. *Бір нәрсенің жолына арналған садақа; пида.* **6.** ауыс. *Шығын, зиян.*

**Құрбан ай.** діни. *Құрбандық шалатын ораза айттан кейінгі құрбан айты болатын ай.* **Құрбан айт.** діни. *Зулхиджа айының 10 күні басталып, 3-4 күнге созылатын, Меккеге қажыға бару аяқталар күні қажылық етушілердің Мина алқабында құрбандық шалу рәсімімен ерекшеленетін мұсылмандардың Аллаға құлшылық етіп, мал соятын басты мейрамының бірі [Бұл күні әрбір мұсылман құрбандық шалып, Алладан құбылаға қарап құрбандықты қабыл алуды өтінеді. Діни ант бойынша шалынған құрбандықтың барлық еті кембағалдарға, пақырларға үлестіріледі, көп жағдайда еттің үштен бірі асылады, Құрбан айт мейрамында арнаулы мерекелік намаз оқылады].* **Құрбан айт мүбәрак [мерек] болсын!** тілек. *Құрбан айт мерекесімен құттықтағанда айтылатын тілек сөз.* **Құрбан болды [етті, қылды].** а) *Алға қойған белгілі бір асқақ, биік мақсатты орындау жолында жанын қиды, пида етті.* ә) *Бір істің орындалуы, мақсатқа жету жолы үшін барын аямады.* **Құрбан терісі.** *Құрбандыққа сойылған малдың терісі.* **Құрбан [құрбанға] шалды.** діни. *Аллаға құлшылық етіп, соған арнап мақсатының орындалуын сұрап, мал сойды.*

**ҚҰРБАНГЕРШІЛІК** зат. *Ортақ іс, игілік үшін өзін аямаушылық.*

**ҚҰРБАНДЫҚ** зат. діни. **1.** *Құдайға құлшылық етіп мал сойып бағыштаушылық.* **2.** *Бір нәрсенің жолына бағышталған садақа, пида.* **3.** *Белгілі бір мақсат, арман-тілек үшін жан қиюшылық, пида болушылық.*

**Құрбандығың [құрбандығыңа өзімді шалайын] болайын.** *Садағаң кетейін, жолыңда өлейін.* **Құрбандық берді.** *Құдай жолына, бір себептерге байланысты садақа арнады, құдайы берді.* **Құрбандық етті [болды].** *Өзін өлімге қиды, құрбан болды.* **Құрбандыққа барды.** *Мақсат-мүдде үшін өзін құрбан етті.* **Құрбандыққа қиды.** *Біреуді өлімге, азап жолына берді.* **Құрбандыққа шалды.** діни. а) *Құдайы, садақа ретінде мал сойды, құдайы берді.* ә) *Басын өлімге қиды, жанын пида етті.* б) *Біреудің жолына текке күйді, жаны пида болды.* в) *Жазықсыз жазым етті.*

**ҚҰРБАНДЫҚСЫЗ** сын. *Шығынсыз, өлім-жітімсіз.*

**ҚҰРБАНСЫЗ** сын. *Шығынсыз, өлім-жітімсіз.*

**ҚҰРБАСЫ** зат. сөйл. ***Құрбашы.***

**ҚҰРБАУ** зат. этн. *Киіз үйдің есіп жасалған, құр байлайтын баулары.*

**ҚҰРБАШЫ** зат. тар. совет. *Совет өкіметіне қарсы (1917–26) Орта Азияда қарулы көтеріліс ұйымдастырған бандылар тобының басшысы.*

**ҚҰРБӘТ** зат. ескікіт. *Құрбы, замандас.*

**ҚҰРБЫ[1]** зат. **1.** *Жасы қатар, шамалас, құрдас адам.* **2.** *Терезесі тең замандас адам.* **3.** *Бір-бірімен сырлас, сыйлас, жасы шамалас қыз бала, әйел адам.*

**Құрбы қыз.** *Бозбалаға қатарлас, замандас, жасы шамалас бойжеткен.*

**ҚҰРБЫ[2]** зат. жерг. *Қауынның бір түрі.*

**ҚҰРБЫДАЙ** сын. **1.** *Жасы тең адамдай, құрдастай.* **2.** *Замандас, сыйлас адамдай.*

**ҚҰРБЫ-ДОС** зат. *Тең құрбы, замандас, жолдас.*

**ҚҰРБЫЖАН** зат. *Қатарлас, жасы шамалас немесе замандас адамына еркелете, жақсы көріп айтатын қаратпа атауыш.*

**ҚҰРБЫ-ЗАМАНДАС** зат. *Құрдас, жасы бір, заманы бір адамдар.*

**ҚҰРБЫ-ҚҰРДАС** зат. *Заманы бір, жасы қатар, замандас; дос-жар, жолдас-жора.*

**ҚҰРБЫ-ҚҰРДАСТАЙ** сын. *Замандастай, қатарластай.*

**ҚҰРБЫЛАС** сын. *Жас жағынан шамалас, тұстас, замандас. // Жас жағынан шамалас адам, құрдас.*

**ҚҰРБЫЛАСТАЙ** сын. *Құрдастай, құрбыдай.*

**ҚҰРБЫЛАУ** сын. *Жасы шамаластау, жақындау, қатарластау.*

**ҚҰРБЫЛЫҚ** сын. *Құрдастық, замандастық. // Құрбыға тән қасиет.*

**ҚҰРБЫМ** зат. *Қатарлас, жасы шамалас адамға қарата айтылатын атауыш сөз.*

**ҚҰРҒА** зат. *Бал ашуға, құмалақ салуға арналған ақ түсті мата.*

**Құрға салды.** *Бал ашты, құмалақ ашты.*

**ҚҰРҒА=** ет. **1.** *Кеуіп кету, кебу.* **2.** *Кеберсу, кезеру.* **3.** *Тартылып қалу.*

**Құрғап қалатын өзен.** сушар. *Жауын-шашынсыз кезеңде, жерасты қат-қабаттық су толық сарқылғанда, арнадағы судың қарқынды түрде сорғуға және булануға шығындалуынан өзен арнасындағы ағыстың тоқтауы.*

**ҚҰРҒАҚ[1]** зат. **1.** *Құрлық, құрғақ жер.* **2.** *Жағалау, судың жағасы, сусыз жер.*

**ҚҰРҒАҚ[2]** сын. **1.** *Сулы емес, дымқыл емес; кебу.* **2.** *Құрап қалған, қу.* **3.** геогр. *Жауын-шашынсыз, ылғалы аз.* **4.** *Суы тартылып қалған (арна, аңғар т.б.).* **5.** *Кеберсіген, кеуіп кеткен, сусаған.* **6.** *Қақырықсыз, түкіріксіз (жөтел).* **7.** ауыс. *Бос, құр бекер, жай, нәтижесіз.*

**Құрғақ азық.** а) *Сапар кезінде ыстық тамақ жасауға мүмкіндік жоқ жағдайда пайдаланылатын нан, сыр, май т.б. тамақ.* ә) *Малға, құсқа берілетін, құрамында ылғалы аз жем-шөп.* **Құрғақ арман.** *Құр қиял.* **Құрғақ аяз.** *Ылғалсыз, шытынаған, суық аяз.* **Құрғақ бағдар.** этн. зерг. *Бағдарлаудың бір зергерлік әдісі.* **Құрғақ бұйрық.** *Еш күші жоқ бұйрық.* **Құрғақ бұлау.** көне. *Қақталғы.* **Құрғақ білім.** *Жаттанды, санаға қонбаған білім.* **Құрғақ газ.** хим. *Газдың ылғалсыз түрі.* **Құрғақ гангрена.** мед. *Дененің құлақ мұрын ұшы, тері сияқты ашық, жерлерінің өлі еттенуі.* **Құрғақ дала.** геогр. *Жауын-шашын мөлшері аз жауатын, ауа райы континентті жазық өңір.* **Құрғақ далалық аймақ.** геогр. *Ауа райы қыста суық, жазда ыстық болатын далалық белдеуге тән климат түрі.* **Құрғақ дәрілеу.** хим. *Ұрықты зиянкестерден, ылғалдан сақтау үшін улы химикаттармен өңдеу арқылы дәрілеу.* **Құрғақ жарыс.** *Мардымсыз, пайдасы жоқ жарыс.* **Құрғақ жаттау.** пед. *Қысқа мерзімді жадта ғана жаттау, мазмұнын түсінбей жаттау.* **Құрғақ жел.** *Күн ыстықта тұратын қапырық жел.* **Құрғақ жөтел.** *Дауыс.ты қарлықтыратын, ауру қайталағанда болатын, тамақты жыбырлатып, қырылдатып, қатты қысатын қақырықсыз жөтел.* **Құрғақ климат.** геогр. *Атмосфералық ылғал жеткіліксіз мөлшерде түсетін ауа температурасы жоғары ауа райының түрі.* **Құрғақ қалдық.** физ. *Табиғи суды қайнатып буландырғаннан кейін оның құрамындағы еріген заттардан ыдыс түбінде пайда болатын қалдық.* **Құрғақ қиял.** *Қиялдың адамды іс-әрекетке ұмтылдыратын түріне қарама-қарсы түрі, арманға қарама-қарсы келетін енжар қиял.* **Құрғақ қол.** *Қарусыз, құр қол.* **Құрғақ мақтан.** *Негізсіз, жалған мақтаныш.* **Құрғақ мұз.** хим. *$CO^2$ қатты күйіндегі көміртек диоксиді.* **Құрғақ партия.** спорт. *Жеңілген ойыншы қарсыласынан бір де бір ұпай ала алмай немесе шар түсіре алмай ұтылған партия.* **Құрғақ рақмет.** *Сөз жүзіндегі алған алғыс.* **Құрғақ сөз.** *Сенімсіз, дәлелсіз бөспе әңгіме.* **Құрғақ тұман.** геогр. *Құрғақ ауада ұсақ қатты бөлшектерден түзілетін тұман.* **Құрғақ тілек.** *Ауызбен ғана айтылып, әрекетпен бекітілмеген тілек.* **Құрғақ уәдеден қуырдақ қуырды.** бейн. *Құр сөзбен бәрін жарылқады, өтірікті үйіп-төкті.* **Құрғақ шай.** *Нансыз, майсыз, қантсыз ішкен жалаң шай.* **Құрғақ шежіре.** *Дәлелсіз, сенімсіз жасалған шежіре.* **Құрғақ шөппен ауыз сүртті.** *Бос, түкке тұрғысыз нәрсеге қанағаттандырды.* **Құрғақ шірік.** биол. *Әртүрлі зиянкестер тудызатын өсімдік ауруы.*

**ҚҰРҒАҚСУ** *Құрғақсы етістігінің қимыл атауы; кеберсу, қаңсу.*

**ҚҰРҒАҚСЫ=** ет. **1.** *Құрғақ тарту, кебіңкіреу.* **2.** *Кеберсу, қаңсу.*

**ҚҰРҒАҚТА=** ет. *Құрғақ ету, кептіру; тазалау.*

**ҚҰРҒАҚТАЙ** үст. **1.** *Құрғақ, кебу күйінше.* **2.** *Еш нәрсе араластырмай, қоспай, жалаң.* **3.** ауыс. *Таза есеппен, еш мүмкіндік бермей.*

**ҚҰРҒАҚТАН=** ет. **1.** *Кебіну, кептірілу.* **2.** ауыс. *Солғындану, бәсеңдену.*

**ҚҰРҒАҚТАНУ** *Құрғақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҒАҚТАУ[1]** сын. **1.** *Құрғағырақ, кебіңкіреген.* **2.** *Жауын-шашыны азырақ, ылғалы аздау.* **3.** ауыс. *Осалдау, бостау.*

**ҚҰРҒАҚТАУ[2]** *Құрғақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҒАҚТЫҚ** сын. **1.** *Дымқыл еместік, кебулік.* **2.** ауыс. *Нашарлық.*

**ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ** зат. *Жауыншашын аз болушылық, қуаңшылық.*

**Құрғақшылық көрсеткіші.** геогр. *Буланумен жыл ішінде түскен жауын-шашын мөлшері теңдестігінің көрсеткіші.*

**ҚҰРҒАМА=** ет. *Құр қалмау, босамау, бос болмау.*

**ҚҰРҒАНАТ** зат. жерг. *Маса сияқты шыбын.*

**ҚҰРҒАТ=** ет. **1.** *Сусыздандыру, кептіру.* **2.** *Нәрестенің жаялығын, су, дымқыл киімін құрғақ киімге ауыс.тыру.*

**ҚҰРҒАТҚЫШ** зат. тех. *Элеваторларда астық құрғататын аспап, аппарат.*

**Құрғатқыш каналдар.** сушар. *Өте ылғалды, сазды жердің артық суын басқа жаққа бұрып әкетіп, жерді құрғатуға арналған каналдар, жер құрғату жүйесінің бір бөлігі.* **Құрғатқыш қарқындылығы.** *Құрғату қарқындылығын бағалайтын өлшем.*

**ҚҰРҒАТПА** зат. жерг. *Түйе ауруының бір түрі.*

**ҚҰРҒАТПА=** ет. *Құр қоймау, еш босатпау.*

**ҚҰРҒАТУ** *Құрғат етістігінің қимыл атауы; кептіру, ылғалсыздандыру.*

**Құрғату желілері.** сушар. а) *Тұрақты және уақытша каналдар мен коллекторлар және жер құрғатуға арналған кәріз желілері.* ә) *Құрғатылатын аумақтан артық суды қабылдау және оны су қабылдағышқа жеткізуге арналған тұрақты және уақытша каналдар.* **Құрғату жүйесі.** *Шахтаға (кеніш, карьерге) ағып келе*

*жатқан жерасты суларын тоқтату үшін қолданылатын құрғатым құрылғыларының кешені.* **Құрғату процесі**. тех. *Кептіру, сусыздандыру, ылғалсыздандыру үдерісі.*

**ҚҰРҒАТУШЫ** зат. *Ылғалды кептіретін, құрғататын адам.*

**ҚҰРҒАТУ-ЫЛҒАЛДАНДЫРУ: құрғату-ылғалдандыру жүйесі.** егіншар. *Жерді алдымен құрғатып, содан соң ол жерді ылғалдандыру шаралары қолданылатын мелиорациялық жүйе.* **Құрғату-ылғалдандыру мелиорациясы.** егіншар. *Пайдаланылмай жатқан жерді құрғату, жерасты суының деңгейін төмендету және сол егістік жерді өңдеу арқылы оны ауылшаруашылық дақылдарын егу үшін ылғалдандыру, ауамен байланысын, сонымен қатар қоректенуі мен жылылық режімін (топырақтағы) кешенді шаралары іске асырылатын мелиорация жүйесі.*

**ҚҰРҒАТЫЛ=** ет. *Кептірілу, ылғалсыздану, сусыздану.*

**Құрғатылған алаң.** сушар. *Табиғи жолмен гидрографиялық желі немесе жасанды құрылыстар арқылы жер үсті және грунт суларының ағыны қамтамасыз етілетін аудан.*

**ҚҰРҒАТЫЛУ** *Құрғатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҒАТЫМ** зат. кен. *Жер астындағы су деңгейін немесе пайдалы қазылымдар кен орындарындағы су деңгейлерін төмендетуді қамтамасыз ететін әртүрлі қазбалар жүргізу арқылы құрғату әдісі.*

**Құрғатым қазбалардың өнімділігі.** *Уақыт бірлігі ішінде ұңғыма немесе құдық арқылы берілетін сұйықтықтың не газдың көлемі.* **Құрғатым сулары.** кен. *Тартып шығарылған немесе құрғатым жүйесі жабдықтарынан өздігінен құйылған сулар.*

**ҚҰРҒАУ** *Құрға етістігінің қимыл атауы; кебу, кеберсу, ылғалсыздану.*

**ҚҰРҒЫЗ=** ет. **1.** *Бір нәрсені жасатқызу, қиюластыру, түзгізу.* **2.** ауыс. *Әзірлету, дайындату.* **3.** ауыс. *Өткіздіру, ұйымдастыру.*

**ҚҰРҒЫЗУ** *Құрғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҒЫР=** ет. экспр. **1.** *Құрып кеткір, жоғалғыр деген мағынадағы жақтырмау, ұнатпау мағынасын білдіретін сөз.* **2.** *Әдетте жағымды нәрсе, зат, құбылыс немесе адамға қарасты айтылып, налуды, өкінішті, күйінішті білдіретін сөз. // Құдай соққыр, оңбағыр деген мағынадағы біреуді қарғағанда айтылатын сөз.* // экспр. жағымды. *Біреуге таңғалғанда, ісіне күтпеген жерден риза болғанда «қарай гөр өзін» деген мағынадағы бір жағы еркелете айтылатын сөз.* // экспр. жағымсыз. *Бір істі немесе біреуді жақтырмағанда «құрып кеткір» деген мағынадағы соны атау үшін қолданылатын сөз.*

**ҚҰРДАЙ** сын. **1.** *Құр сияқты, құр тәрізді.* **2.** *Құр құсап, құрша.*

**Құрдай жорғалады.** *Аяғынан тік тұрып, жаны қалмай қызмет етті, бәйек болды.* **Құрдай шұбырды.** *Қаптады, толастамады.*

**ҚҰРДАМ: құрдам болу.** *Қуанышты, шат көңілді, шадыман болу.*

**ҚҰРДАН-ҚҰР** үст. *Бостан-бос, бекерденбекер, тектен-тек.*

**ҚҰРДАС** зат. **1.** *Жас жағынан жасты, бір жылы туған құрбы адамдар.* **2.** *Замандас, құрбылас дос-жаран. // Бір уақытта туған, жасты. // Тұстас, қатарлас.* **3.** ауыс. *Сырлас, мұңдас, тілегі бір адам.*

**ҚҰРДАС-ҚҰРБЫ** зат. *Заманы бір, жасы қатар адамдар.*

**ҚҰРДАССЫН=** ет. *Өзін қатар, тең құрбы санап, құрдас болғансу.*

**ҚҰРДАССЫНУ** *Құрдассын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРДАСТАЙ** сын. *Құрдастар сияқты.*

**ҚҰРДАСТАР** зат. *Қатарлас, жас шамасы бір замандас адамдарға қарата айтылатын атауыш сөз.*

**ҚҰРДАСТЫҚ** зат. **1.** *Жас жағынан шамаластық, бір жылы туғандық, құрбылық.* **2.** *Дәуірі, заманы бір болушылық.*

**Құрдастық заман.** *Қатарластық, теңдік заман.*

**ҚҰРДАСША** үст. *Құрдасы құсап, құрбысынша, замандасынша.*

**ҚҰРДЫМ**[1] зат. **1.** *Өзеннің құмға сіңіп, жоқ боп кететін аяқ жағы, соңы.* **2.** *Теңіз, мұхиттағы түпке үйіріп тартып кететін тұңғиық.* **3.** *Өзен, көл түбіндегі түпсіз терең жер, оқпан.* **4.** ауыс. *Тұңғиық, шыңырау.*

**Құрдым болды.** *Жым болды, жоғалды.* **Құрдымға айналды.** *Жоқ болды, жоғалды, ғайып болды.* **Құрдымға итерді.** *Тұңғиыққа тастады, тереңге батырды.* **Құрдымға кеткен іс.** *Болмайтын, орындалмайтын сәтсіз шаруа.* **Құрдым жұтты.** *Тұңғиыққа батқандай жоқ болды.* **Құрдым шақ.** *Халі біткен кез, күш-қуаттан айырылған уақыт.* **Құрдым шөкті.** *Жоқ боп кетті, жоғалды.*

**ҚҰРДЫМ**[2] сын. *Құрыған, оңбаған, ант ұрған.*

**ҚҰРДЫМДАЙ** сын. *Теңіздің тұңғиығындай.*

**ҚҰРДЫМДАЛУ** зат. биол. *Жәндіктер мен өсімдіктер әлеміне қатысты кейбір түрлер мен тектердің геологиялық тарих барысының кейбір кезеңдерінде жаппай қырылуы.*

**ҚҰРДЫР=** ет. *Құрғызу, жасату, орнату.*

**ҚҰРДЫРУ** *Құрдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЖАЛЫҚ** зат. *Қиын-қыстаудан шығып, өз-өзіне келгендік.*

**ҚҰРЖАН: құржан жүрді.** жерг. *Жанқалтасына пышақ, бәкі тәрізді құрал салмай, сақтанбай жүрді.*

**ҚҰРЖАҢ: құржаң қақты.** *Қалбалақтады, қалбаңдады, асты-үстіне түсті.*

**ҚҰРЖАҢ-ҚҰРЖАҢ: құржаң-құржаң етті.** *Асты-үстіне түсті, қалбалақтады.*

**ҚҰРЖАҢДА=** ет. сөйл. ***Құржыңда.***

**ҚҰРЖАҢДАУ** *Құржаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЖИ=** ет. *Құнжию, бүрісу.*

**ҚҰРЖИТ=** ет. *Бүрістіру, құнжиту.*

**ҚҰРЖИТУ** *Құржит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЖИЮ** *Құржи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЖЫҢ-ҚҰРЖЫҢ** елік. *Құнжың-құнжың, бүкшең-бүкшең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Құржың-құржың етті.** *Құнжыңдады, бүкшең-бүкшең етті.*

**ҚҰРЖЫҢДА=** ет. *Құнжыңдау, бүкшеңдеу.*

**ҚҰРЖЫҢДАС=** ет. *Құнжыңдасу, бүкшеңдесу.*

**ҚҰРЖЫҢДАСУ** *Құржыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЖЫҢДАУ** *Құржыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРКЕУДЕ** сын. *Даурықпа, бос адам.*

**ҚҰРҚОЛ** сын. **1.** *Қолында еш нәрсесі жоқ; ақшасыз, затсыз.* **2.** *Бос, бекер; саймансыз, қарусыз.* **3.** ауыс. *Босқа, бекер, өнерсіз.*

**ҚҰРҚҰЛАҚ** зат. мед. <нем. Skorbut> *Ағзада С дәрумені жетіспегендіктен болатын ауру.*

**ҚҰР-ҚҰР** од. *Жылқыны ұстайтын кезде тоқтату үшін айтылатын сөз.*

**ҚҰР-ҚҰРЛА=** ет. **1.** *Жылқыны құраулап тоқтату, тыныштандыру, шақыру.* **2.** *Бақаның т.б. жәндіктердің құрылдап дауыс шығаруы.*

**ҚҰР-ҚҰРЛАТ=** ет. *Жылқыны құраулап тоқтату, шақыру.*

**ҚҰР-ҚҰРЛАТУ** *Құр-құрлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰР-ҚҰРЛАУ** *Құр-құрла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҚЫЛДА=** ет. *Құстың құрқ-құрқ етіп дыбыс шығаруы.*

**ҚҰРҚЫЛДАС=** ет. *Құрқ-құрқ етісіп қосылып дыбыс шығару.*

**ҚҰРҚЫЛДАСУ** *Құрқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҚЫЛДАТ=** ет. *Қылқылдатып, қылқылқ еткізіп су ішу немесе суды құю.*

**ҚҰРҚЫЛДАТУ** *Құрқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҚЫЛДАУ** *Құрқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРҚЫЛТАЙ** зат. зоол. <лат. remiz pendulinus> *Денесінің тұрқы 7,3–10 мм, салмағы 9 грамдай ғана торғай отрядының бір түысы.*

**Құрқылтайдың ұясындай.** *Өте тар, кішкентай, шағын.*

**ҚҰРЛА** = ет. *Дүрліктіру, улаған-шулаған болу.*

**ҚҰРЛАН**[1]**=** ет. *Суы тартылып, құрлыққа айналу.*

**ҚҰРЛАН**[2]**=** ет. көне. *Жерлену, көмілу.*

**ҚҰРЛАТ=** ет. көне. *Жұртшылықтың басын қосу, жинау.*

**ҚҰРЛЫ** шыл. *Құны, дәрежесі, шамасы сөз болып отырған объектіден төмен затпен салыстырып, сол шамаға да сәйкеспей ме деген мағынада жұмсалатын қорашсыну шылауы.*

**ҚҰРЛЫҚ** зат. **1.** геогр. <лат. continens> *Жер қабығының дүниежүзілік мұхит деңгейінен көтеріңкі ірі бөлігі.* **2.** *Белгілі бір құрлықта орналасқан ел, мемлекет.* **3.** *Суы жоқ, құрғақ жер.*

**Құрлық әскерлері**. әск. *Құрлықта ұрыс қимылдарын жүргізуге арналған Қарулы Күштердің түрі.* **Құрлық гидрологиясы**. сушар. *Құрлықтар шегінде өтетін гидрологиялық процестерді су оралымының (цикл) құрлықтық фазасы негізінде зерттейтін гидрология ғылымының бір саласы.* **Құрлық өсімдігі**. бот. *Құрлықта өсіп-өнетін өсімдік.* **Құрлық суы**. *Өзендерде, көлдерде, бөгендерде, батпақтарда, мұздықтарда, сондай-ақ жер астында жинақталған (негізінен тұщы) сулар.* **Құрлықтың орташа биіктігі**. *Теңіз деңгейінен есептегендегі 875 м биіктікке сәйкес келетін көрсеткіш.* **Құрлықтың төмендеуі**. геол. *Континенттер немесе олардың жекелеген аймақтары деңгейінің тектоникалық қозғалыстар әсерінен төмендеуі.* **Құрлықтың ылғалдануы**. *Аумаққа жауған жауын-шашын мөлшері мен осы аумақтың булануы шамасы (немесе температура) аралығындағы қатынас.*

**ҚҰРЛЫҚАРАЛЫҚ** сын. *Құрлықтар, әрбір құрлықтағы мемлекеттер арасындағы.*

**Құрлықаралық баллистикалық зымыран.** әск. *5-7 мың шақырым және одан да ұзақ қашықтықтарға ұша алатын баллистикалық зымыран.*

**ҚҰРЛЫҚТЫҚ** сын. *Жеке құрлыққа қатысты, соған тән.*

**Құрлықтық бекініс.** әск. *Топырақ үйіндісі, тас, ағаш, т.б. қазіргі заманғы материалдармен қоршалған елді мекен түріндегі әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды қорғаныс әрі қарсыласу мүмкіндігі мол тұрақ.* **Құрлықтық беткей.** *Құрлық етегі мен қайраң арасындағы құрлықтың суасты бөлігі.* **Құрлықтық суайрық**. геогр. *Құрлықтың басты суайрығы, құрлықтағы өзен алаптарын түрлі мұхиттарға бөлетін сызық немесе суайрық кеңістігі.*

**ҚҰРЛЫҚІШІЛІК: құрлықішілік көлдер**. *Әлемдік мұхитпен ағынды арқылы байланыспайтын суқоймалар.*

**Құрлықішілік теңіз**. геогр. *Жеке құрлық шегінде, құрлыққа тереңдей, сұғына еніп жатқан құрлықтың шөгуінен және оны мұхит суы басуы нәтижесінде қалыптасқан таяз теңіз (мысалы, Азов теңізі, Ақ теңіз, Балтық теңізі).*

**ҚҰРЛЫМ** шыл. сөйл. ***Құрлы.***

**ҚҰРМА**[1] [ар. خرما] зат. өс. <лат. diospyros> **1.** *Аса ыстық Аравия, т.б. жерлерде өсетін, эбен тұқымдасына жататын, пальма тұыс ағашы.* **2.** *Осы ағаштың тәтті жемісі.*

**ҚҰРМА**[2] зат. көне. жерг. *Бас қосқан жиын, топ.*

**ҚҰРМА**[3] зат. *Далда, дуал.*

**ҚҰРМА: құрма ау.** к ә с . *Теңіздерде қолданылатын, ұзындығы 500-800 м-дей үлкен ау.* **Құрма кілем.** *Бірнеше кілемнен құралған төсеніш (кілем).*

**ҚҰРМАЛ** з а т . д і н и . ***Құрмалдық.***

**ҚҰРМАЛА=** е т . *Арқан құру, керу.*

**ҚҰРМАЛАС** с ы н . *Септес, жалғас, сабақтас, қатарлас.*

**Құрмалас сөйлем.** л и н г в . *Екі немесе одан да көп сөйлемнен құралып, грамматикалық тәсілдермен байланысып, құрмаласып, күрделі ойды білдіретін бірнеше жай сөйлемдердің тобы.*

**ҚҰРМАЛАС=** е т . **1.** *Бір-бірімен байланысу, сабақтасу.* **2.** л и н г в . *Күрделі ойды білдіру үшін екі немесе одан да көп сөйлемдердің өзара салаласып, сабақтасып байланысуы.*

**Құрмаласқан құда, құшақтасқан дос.** *Бір құда болудың үстіне қарсы құда болу арқылы қатты, жақын араласу туралы.*

**ҚҰРМАЛАСТЫР=** е т . л и н г в . *Сөйлемдерді өзара, бір-бірімен іліктестіріп, сабақтастырып байланыстыру.*

**ҚҰРМАЛАСТЫРУШЫ: құрмаластырушы жалғаулықтар.** л и н г в . *Құрмалас сөйлемдер құрамындағы сөйлемдерді бірімен-бірін байланыстырушы жалғаулық шылаулар.*

**ҚҰРМАЛАСУ[1]** з а т . с а я с и . <лат. integratio> *Өзара ықпалдасу, әсерлесу.*

**ҚҰРМАЛАСУ[2]** *Құрмалас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Байланысу, сабақтасу.* **2.** л и н г в . *Сөйлемдердің өзара сабақтасып, салаласып байланысуы.*

**ҚҰРМАЛАУ** *Құрмала етістігінің қимыл атауы; ұзын арқанды кермелеп тұрып жылқыны ұстау.*

**ҚҰРМАЛДЫҚ** з а т . д і н и . *Қазақ халқының діни мәдениетінде қатты науқастанып, ауыр халде жатқан адамның сауығып кетуін тілеу жолында мал сойып, құрбандық шалу рәсімі.*

**Құрмалдық берді.** э т н . *Мал сойып, құрбандық шалды.*

**ҚҰРМАЛЫ** с ы н . *Өзеннің терең жеріне құрып, салып қойған (ау, қармақ).*

**ҚҰРМАН[1]** з а т . к ө н е . *Садақ, оқ салатын қалта.*

**ҚҰРМАН[2]** з а т . с ө й л . ***Құрбан.***

**ҚҰРМАНДЫҚ** з а т . с ө й л . ***Құрбандық.***

**ҚҰРМАША** з а т . *Құрма ағашынан жасалған ыдыс.*

**ҚҰРМЕТ** [ар. حرمة] з а т . **1.** *Рухани құндылықтарды қастерлеу, елге, жерге, тілге, адамзатқа, ұлтқа қатысты мәдени-тарихи құндылықтарды жоғары бағалайтын эстетикалық және этикеттік көзқарастар жиынтығы.* **2.** *Жеке адамға өзге адамдар тарапынан көрсетілетін қошемет, көрсеткен сый-сияпат.*

**Құрмет алды.** *Құрмет қылды, құрмет көрсетті.* **Құрмет белгісі.** т а р . с о в е т . *Кеңес Одағы кезеңіндегі белгілі саладағы жемісті еңбегі үшін үкімет тарапынан берілетін атақ, орден.* **Құрмет белгісі ордені.** а) т а р . с о в е т . *Бейбіт өмірдегі ерекше еңбегі үшін жеке адамдар мен ұжымдарға берілетін орден.* ә) *Қазақстан Республикасының жоғары наградаларының бірі.* **Құрмет грамотасы.** т а р . с о в . *Кеңес Одағы кезеңіндегі республиканың ғылым-білім, өндіріс, мәдениет, ауылшаруашылығы салаларына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін ресми мақтау қағазы.* **Құрмет дәмету.** *Құрмет күту, құрметтегенін тілеу.* **Құрмет етті.** *Сый көрсетті, сыйлады, құрметтеді.* **Құрмет етісті.** *Бірін-бірі сыйлады, қадірлерін білісті.* **Құрметке бөледі.** *Қадірледі, қастерледі, үнемі естерінде ұстады, сыйлады.* **Құрметке бөленді [кенелді, ие болды].** *Сый-сияпатқа, біреудің сыйлауына ие болды.* **Құрмет көрсетті [білдірді].** *Қадірлеп-қастерледі, сыйлады, сыпайыгершілік білдірді.* **Құрмет кітабы.** *Еңбектегі озат адамдарды жазатын кітап.* **Құрмет қылды [тұтты].** *Сый көрсетті, құрметтеді, қадірледі, бағалады.* **Құрмет сақтады.** *Әдеп сақтады, ізет көрсетті.* **Құрмет санады.** *Абырой-атақ санады, бедел көрді.* **Құрмет тақтасы.** т а р . с о в е т . *Еңбек озаттарының, еңбек ардагерлерінің аты жазылып, суреті ілінетін арнаулы орын.* **Құрметтің эффектісі.** п е д . <франц. aureole> *Адам туралы ақпарат тапшы болған жағдайларда ол жайындағы жалпы бағамдаушылық әсердің оның қылықтары мен тұлғалық сапаларын қабылдауға тарауы.*

**ҚҰРМЕТ-ҚОШЕМЕТ** з а т . *Сый-сияпат; тарту-таралғы.*

**ҚҰРМЕТЛУ** с ы н . е с к і к і т . ***Құрметті.***

**ҚҰРМЕТПЕН** ү с т . *Қадірлеп, сыйлап, қадір тұта.*

**ҚҰРМЕТ-СЫЙ** з а т . с ө й л . ***Сый-құрмет.***

**ҚҰРМЕТСІЗ** с ы н . *Қадірсіз, сыйсыз.*

**ҚҰРМЕТТЕ=** е т . **1.** *Құрмет тұту, сыйлау; қадірлеу, бағалау.* **2.** а у ы с . *Аялау, баптау, күту.* **3.** *Бағасын білу.* **4.** *Қошеметтеу, сый-сияпат көрсету.*

**Құрметтеп қойды.** *Арулап көмді, жерледі.*

**ҚҰРМЕТТЕГІШ** с ы н . *Құрмет көрсеткіш, сыйлағыш; кішіпейіл.*

**ҚҰРМЕТТЕЛ=** е т . *Құрмет көрсетілу, бағалану.*

**ҚҰРМЕТТЕЛУ** *Құрметтел етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРМЕТТЕЛУШІ** с ы н . *Құрмет көруші, құрметке ие болушы.*

**ҚҰРМЕТТЕЛУШІЛІК** з а т . *Құрметке бөленушілік, сый-сияпат көрушілік.*

**ҚҰРМЕТТЕС=** е т . *Құрмет тұтып сыйласу.*

**ҚҰРМЕТТЕСУ** *Құрметтес етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРМЕТТЕУ** *Құрметте етістігінің қимыл атауы; жеке тұлғаға сый-құрмет көрсету, ардақтау.*

**ҚҰРМЕТТЕУШІ** з а т . *Құрмет тұтушы, сыйлаушы, қадірлеуші.*

**ҚҰРМЕТТІ** с ы н . **1.** *Аса қадірлі, ардақты, қадірлі деген мағынадағы ресми қолданыстағы қаратпа атауыш сөз.* **2.** *Қадірлі, сыйлы.* // э к с п р . м ы с қ ы л . *Өзін аса қадірменді санаушы.*

**Құрметті атақ.** а) т а р . с о в е т . *Кеңес Одағы дәуірі кезеңіндегі Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері сияқты ең жоғарғы ресми атақ.* ә) *Қазақстан Республикасының құрметті атақтары – қоғамдық айрықша қызметі, еңбектегі үздік жетістіктері мен жауынгерлік ерліктері үшін ел азаматтарына, сондай-ақ шетел азаматтарына да берілетін атақтар.* **Құрметті әскери күзет.** ә с к . *Әскери қызметшілерді жерлеу кезінде әскери құрмет көрсету үшін жасақталған әскер.* **Құрметті демалыс.** к і т . *Көп жылғы еңбектен соң жасы жетіп, зейнетке шыққан адамдардың демалысы, зейнеткер болу.* **Құрметті қарауыл.** ә с к . а) *Гарнизон бастығының, құрама немесе жеке бөлім командирлерінің бұйрығын әскери құрмет көрсету үшін тағайындалатын әскер (взводтан ротаға дейін).* ә) *Арнайы адамдардан құралған, табыт қасындағы күзет.*

**ҚҰРМЕТТІЛЕУ** с ы н . *Қадірлілеу, сыйлылау.*

**ҚҰРМЕТТІЛІК** з а т . *Қадір-қасиеті барлық, сыйлылық.*

**ҚҰРМЕТІНЕ** ү с т . *Қызметі, атақ-даңқына орай.*

**ҚҰРӨЗЕК** з а т . м е д . *Тамаққа тәбеті шаппай, ашөзек болып жүретін ауру түрі.*

**ҚҰРСА=** е т . **1.** *Тұтасу, басу, сіресу.* **2.** с ө й л . *Құрсаулау, қысу.*

**Құрсай садақ.** *Мүйіз бен ағаштан қиюластырып жасаған таңдаулы садақ.*

**ҚҰРСАЙ** з а т . **1.** *Гидрографиялық желі беткейлерінің ассиметриялығымен және ирек арналы уақытша ағын сумен сипатталатын төменгі аңғар алды буыны.* **2.** *Мелиорация мен батпақтануда – батпақ ортасындағы құрғақ телімдер.*

**ҚҰРСАҚ** з а т . а н а т . <лат. abdomen> **1.** *Жан-жануарлардың асқазаны; қарыны.* **2.** б и о л . *Буынаяқтылардың көкірек бөлімінен кейінгі орналасқан бөлігі.* **3.** *Бала не төл орналасқан іш қуысы; жатыр.* **4.** а у ы с . *Перзент, бала.* **5.** а у ы с . *Қойнау, іші.*

**Құрсақ ана.** ж а ң а . *Генетикалық ата-анасының тәрбиесіне берілетін өзіне бөтен биологиялық сәбиді өз еркімен аяғы ауыр болып, босануға келісімін берген әйел адам.* **Құрсақ бітті.** *Бала көтерді, екіқабат болды.* **Құрсақ жүзбеқанаттар.** б и о л . *Балықтардың кеудесіне қарай, бауыр жағында екі-екіден орналасқан жүзбеқанаты.* **Құрсақ жібітті.** *Азын-аулақ тамақ жеді, жүрек жалғады.* **Құрсақ көтерді.** *Перзент көрді, бала туды.* **Құрсақ қақты.** ж е р г . *Сүт кенже; сарқыт.* **Құрсақ қуысы.** а н а т . <лат. cavum abdominus> *Омыртқалыларда бүйрек пен бауыр, сүтқоректілерде өкпеден басқа ішкі органдар орналасқан целомның бір бөлімі.* **Құрсақ педагогикасы.** п е д . *Құрсақ ішіндегі ұрық психикасының дамуына әсер ететін әртүрлі факторларды зерттейтін педагогика.*

**ҚҰРСАҚТАН=** е т . *Құрсақ біту; буаз болу.*

**ҚҰРСАҚТАНУ** *Құрсақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРСАҚТОЙ** з а т . э т н . *Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде жас келіннің жерік болып, алғаш құрсақ көтерген кезінде енесінің, абысын-ажындарының жасайтын рәсімі, той, құрсақшашу.*

**ҚҰРСАҚТЫ** с ы н . *Құрсағы үлкен, қарынды; бала көтергіш.*

**ҚҰРСАҚШАШУ** з а т . э т н . *Көптен бала көтермеген әйел не жас түскен келін екіқабат болғанда жасалатын ырым.*

**ҚҰРСАН=** е т . *Қару-жарағын асыну, сайлану.*

**ҚҰРСАНДЫР=** е т . *Қоршау, толтыру.*

**ҚҰРСАНДЫРУ** *Құрсандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРСАНТ** [ир. خرسند] с ы н . е с к і к і т . *Шат-шадыман, қош (көңіл).*

**ҚҰРСАНТ=** е т . *Асындыру, қару-жарағымен жарандыру.*

**ҚҰРСАНТТАН=** е т . е с к і к і т . *Шат-шадымандану, риза болу, қатты қуану.*

**ҚҰРСАНТУ** *Құрсант етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРСАНУ** *Құрсан етістігінің қимыл атауы; қару-жарағын асыну, ұрысқа сайлану.*

**ҚҰРСАНУЛЫ** с ы н . *Ашулы, қабағы түсіңкі.*

**ҚҰРСАТ=** с ы н . с ө й л . ***Құрсант.***

**ҚҰРСАУ** з а т . **1.** *Дөңгелек немесе жұмыр заттардың сыртынан айналдыра, қыса ұстатқан темір шеңбер.* **2.** с ө й л . *Тұтқын адамның қолына салатын бұғау.* **3.** а у ы с . *Қыспақ, тор; шырмау.* **4.** *Қоршау, қамау.*

**Құрсауда өтті.** *Қыспақта, қиыншылықта өмір сүрді.* **Құрсау мұз.** ***Мұз құрсау.*** **Құрсауы кетті.** *Берекесі кетті, босаңсыды.* **Құрсауын бүтіндеу.** *Жетілдіру, көркейту.*

**ҚҰРСАУДАЙ** с ы н . *Құрсау сияқты, мықты.*

**Құрсаудай қусырды.** *Тықсырды, қыспаққа алды, бір уыс етті.* **Құрсаудай қысты.** а) *Қозғалтпады, тапжылтпады.* ә) *Қатты қақады, суыды.*

**ҚҰРСАУЛА=** е т . **1.** *Сыртынан темір шеңбермен қысып бекіту, берік ұстату.* **2.** с ө й л . *Тұтқынның қолына құрсау салу, бұғаулау.* **3.** а у ы с . *Қыспаққа алу, қысу.* **4.** а у ы с . *Басу, тұмшалау, қаптау.*

**ҚҰРСАУЛАН=** е т . *Құрсау салыну, шеңгелдену.*

**ҚҰРСАУЛАНУ** *Құрсаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРСАУЛАУ** *Құрсаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРСАУЛЫ** с ы н . **1.** *Құрсау салынған, мықтап бекітілген.* **2.** *Қолдары кісендеулі, кісен салынған.* **3.** а у ы с . *Оңашаланған, оқшаулы.* **4.** *Тор салыну, бекітілу.*

**ҚҰРСАУСЫЗ** с ы н . *Құрсау салынбаған, құрсауы жоқ.*

**ҚҰРСЫН=** ет. қарап. *Одан да бас аман болсын, қажеті жоқ деген мағынадағы, бір нәрсені садақа қылармын деген, бер жағынан, уақытша, эмоциямен айтылатын қыстырма сөз.*

**ҚҰРТ[1]** зат. этн. тамақ. *Ашыған айранды пісіп, пісілген іркітті майы алынғаннан кейін, қазанға құйып қайнатып, қоюланғаннан кейін, дорба, қапшыққа құйып, 5-6 күн сорғытылған соң, ұсақтап бөліп, әртүрлі формада жасап, өреге кептірілетін ұлттық тағам.*

**Құрт езбе.** тамақ. *Езілген, жібітілген құрт.* **Құрт езді.** *Сорпаға, көжеге қосу үшін құрттарды суға жібітіп сұйылтты.* **Құрт жайды.** *Құртты жасап, кептіруге өреге қойды.* **Құрт көже.** тамақ. *Езілген құрт қосқан кеспе көже.* **Құрт қайнатты.** *Жиналған айранды қайнатып, құрт жасады.* **Құрт қатық.** тағам. *Сузбеден жасалған қатық түрі.*

**ҚҰРТ[2]** зат. зоол. <лат. vermes> *Денесі ұзынша, жұмыр, ирелеңдеп жүретін, омыртқасыз жәндік.*

**Құрт жеген тіс.** *Тісжегі түскен, қарайған тіс.* **Құрт құжынады.** *Құрт басты, көбейіп кетті.*

**ҚҰРТ[3]** зат. сөйл. *Өкпе ауруы.*

**Құрт ауру.** мед. <лат. tuberculum> *Өкпе ауруы, туберкулез.*

**ҚҰРТ=** ет. **1.** *Азайту, жоғалту, жоқ қылу.* **2.** *Көзін жою, қыру.* **3.** *Жазасын беру, сазайын тартқызу.* **4.** ауыс. *Иеленіп кету, жұмсап жіберу; қымқыру.*

**ҚҰРТАҚАНДАЙ** сын. *Кіп-кішкентай, титімдей, құрттай.*

**ҚҰРТАҢ** зат. *Құрт ауруына шалдыққан мал (қой).*

**Құртаң орман.** *Ағаштарының өсуі тоқтап, дамуы тежелген шаққа жеткен және орман өнеркәсібіне жарамсыз бола бастаған, ескірген орман.*

**ҚҰРТҚА[1]** зат. зоол. *Терең сулардан ауланатын бағалы балықтың бір түрі.*

**ҚҰРТҚА[2]: құртқа дүние.** бейн. *Қу дүние.*

**ҚҰРТҚАШАШ** зат. өс. <лат. iris> *Жапырағы таспа тәрізді, гүлдері қосжынысты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Құртқашаштар тұқымдасы.** өс. <лат. iridaceae> *Дара жапырақтылар класына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚА** зат. *Құрттар, құмырсқалар сияқты әртүрлі ұсақ жәндіктер.*

**ҚҰРТҚЫЗ=** ет. *Жойдыру, жоқ қылдыру.*

**ҚҰРТҚЫЗУ** *Құртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРТ-МАЙ** зат. *Құрт және май, бәрі.*

**ҚҰРТПА** зат. зоол. <лат. huso huso> ***Қортпа*** (*бекіре тұқымдас бағалы, ірі балық*).

**ҚҰРТСЫЗ** сын. *Құрты жоқ, құрт салынбаған.*

**ҚҰРТТА=** ет. **1.** *Хайуандар денесіне құрт түсу, құрттап кету.* **2.** *Құрттаған малдың құртын алу, құрттан тазалау.*

**ҚҰРТТАЙ[1]** сын. *Құрт сияқты, құрт тәрізді.*

**Құрттай [қара құрттай] қаптады.** *Құжынап кетті, көбейді.*

**ҚҰРТТАЙ[2]** сын. экспр. *Өте кішкентай, құртақандай.*

**ҚҰРТТАЛ=** ет. *Малдың құрты алыну, құрттан тазартылу.*

**ҚҰРТТАЛУ** *Құрттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРТТАП-БИТТЕП** үст. *Үсті-басын кір басып, азып-тозып.*

**ҚҰРТТАТ=** ет. *Құрт қаптату, шіріту.*

**ҚҰРТТАТУ** *Құрттат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРТТАУ** *Құртта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қой, ешкі сияқты ұсақ малға құрт түсу.* **2.** *Қолдағы құрттаған малдың құртын алу, тазалау.*

**ҚҰРТТАУЫШ** зат. *Мал құрттау үшін ағаштан жонып жасалған, ұш жағы сүйір қалақша.*

**ҚҰРТТЫР=** ет. *Жойдыру, жоқ қылдыру, құртқызу.*

**ҚҰРТТЫРУ** *Құрттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРТУ** *Құрт етістігінің қимыл атауы; көзін жою, қыру.*

**ҚҰРТУШЫ** зат. *Бүлдіріп-қиратушы, жоюшы.*

**ҚҰРТША** үст. *Құрт тәрізді, құртқа ұқсап.*

**Құртша жыбырлап.** *Жайбасарланып, ілдалдалап.* **Құртша қайнап.** *Быжынап, қаптап, жыпырлап.*

**ҚҰРТШАБАҚ** зат. зоол. **1.** *Кішкентай шабақ балық.* **2.** экспр. қорашсыну. *Ұсақ бала-шаға, жасы да, ойы да кіші балалар.*

**ҚҰРТЫҚ: құртық бие.** *Құлынды биелердің ішіндегі ең кішісі, сүт өнімділігі жоқ, құлыны әлсіз туатын, тұқымы нашар бие.*

**ҚҰРТЫЛ=** ет. *Жойылу, жоқ қылдырылу.*

**ҚҰРТЫЛУ** *Құртыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРТЫМДАЙ** сын. сөйл. ***Құртақандай.***

**ҚҰРТЫС=** ет. *Көзін жойысу, түбіне жетісу.*

**ҚҰРТЫСУ** *Құртыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРУ[1]** *Құры етістігінің қимыл атауы; біту, жоғалу.*

**ҚҰРУ[2]** *Құр етістігінің қимыл атауы; жасау, ұйымдастыру, біріктіру; одақтастыру.*

**Құру сызығы.** *Бейнені геометриялық құруға арналған сызбаның бірыңғай жұқа сызықтары.*

**ҚҰРУ-ҚҰРУ** од. *Жылқы малын шақыру үшін айтылатын ишарат сөз.*

**ҚҰРУЛА=** ет. *Құру-құру деп шақыру.*

**ҚҰРУЛАУ** *Құрула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРУЛЫ** сын. **1.** *Ұсталған, ілінген, құрылып қойылған.* **2.** *Орнатып қойған, дайын тұрған.* **3.** *Оқтаулы.*

**Құрулы қақпан [тор, тұзақ].** *Айла-шарғы, құлық.*

**ҚҰРУШЫ** зат. *Қолымен орнатушы; жасаушы.*

**ҚҰРША: алдында құрша жорғалады.** *Жағымпазданды, жарамсақтанды, құрақ ұшты.*

**ҚҰРШАЯН** зат. зоол. <лат. scorpios> *Өрмекшітәрізділер класының бір отряды; шаян тұқымдас улы жәндік.*

**ҚҰРЫ[1]** зат. *Тең, құрдасы, құрбысы.*

**ҚҰРЫ[2]** сын. сөйл. ***Құр, жай.***

**Құры жанбағыс.** сөйл. *Күнделікті тірлік, күнкөріс.* **Құры жер.** *Құрлық; құрғақ жер.*

**ҚҰРЫ=** ет. **1.** *Көзге көрінбеу.* **2.** *Жоқ болу, жоғалу, жойылу.* **3.** ауыс. *Шаруасы біту.* **4.** *Жағдайы мүшкіл болу, біту.* **5.** *Сиреу, көп көрінбеу, азаю. // Айтатыны жоқ, сұмдық деген мағынада.*

**Құрып бара жатқан түр.** зоол. *Жойылу қаупі төнген және сол қауіпті тудырушы факторлардың алдын алмаса бұдан ары қарай тіршілік етуге мүмкіндігі жоқ жан-жануарлардың түрі.* **Құрып кет [құрып кеткір!].** қарғ. *Жоқ бол, құры!* **Құрып қалғыр!** қарғ. *Қараң өшкір, жоғалғыр деген мағынада.*

**ҚҰРЫҒАН** сын. сөйл. *Бейшара, жетпегір; оңбаған.*

**ҚҰРЫҒАНДАЙ** сын. *Түк табылмағандай, басқа ештеме қалмағандай.*

**ҚҰРЫҚ** зат. **1.** *Өрістегі жылқыны ұстау үшін, ұшы аттың құйрық қылынан жасалатын ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.* **2.** ауыс. *Азап, бейнет, қасірет.*

**Құрығы жеткен жер.** этн. *Қарамағына алған, қол астындағы жер.* **Құрығынан кеткен [құтылған] жоқ.** *Құтыла алмады, сытылып кетпеді.* **Құрығына түсті [ілінді].** *Қолға түсті, айдауына көнді, ұсталды.* **Құрығынан [құрықтан] құтылды.** а) *Құтылып, сытылып кетті.* ә) *Бостандық, еркіндік алды.* **Құрығы ұзын.** *Әмірбилігі күшті, жұмсар қолы көп, айласы мол, қолы ұзын.* **Құрық әкетті.** *Басым түсті, ұстем болды.* **Құрық берді.** а) *Бір нәрсеге итермеледі, себепкер болды.* ә) *Тоқтатпады, еркіне жіберді.* **Құрық бойламады.** *Тереңдігі құрықтан асты.* **Құрық бойы жер.** этн. *Құрықтың бойымен бірдей ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.* **Құрық бойы көтерілді.** этн. *Күннің жерден шамамен құрықтың бойындай көтерілгенін білдіретін халықтық өлшем.* **Құрық бойындай жер.** этн. *Шамамен 4-5 метр жердей қашықтықты білдіретін өлшем.* **Құрық көрген.** *Талай рет құрық түскен, құрыққа үйренген.* **Құрық көрмеген.** *Қайтпайтын, асау, еркі өзінде.* **Құрық мойын.** *Ұзын мойын.* **Құрық салды [тастады].** а) *Асау жылқыны ұстау үшін мойнына ұзын тұзақ салды.* ә) *Ұстамақ болды, қолға түсіруге әрекет етті.* б) *Біреуді айналдырды, қолға түсіруге бел байлады.* **Құрық созым жер.** *Асауға құрық тастауға болатындай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* **Құрық түскен асаудай болды.** *Еркінен айырылды, біреуге кіріптар болды.* **Құрыққа сырық жалғады.** *Өсіріп айтты, түймедейді түйедей қылды.* **Құрыққа тоқтамады.** *Айтқан тілді алмады, ырыққа көнбеді.* **Құрыққа [құрығына] түсті.** *Алдау-арбауына көнді, мойынсұнды.* **Құрықтан шығу.** *Біреудің билігінен босану, айтқанымен жүруден қашу.* **Құрықтың қарымынан көрді.** *Бір нәрсені іске асыра алмағанын өзінен емес, өзге қосалқы нәрселерден көрді, соларды сылтау етті.* **Құрық ұстатты.** бейн. *Мал соңына салып қойды, мал бақтырды.*

**ҚҰРЫҚСЫЗ** сын. *Құрығы жоқ; құр қол.*

**ҚҰРЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Құрығы жоқтық.*

**ҚҰРЫҚСІЛТЕМ** зат. этн. *5-6 аттам жер, таяу аралықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ҚҰРЫҚТА=** ет. **1.** *Құрық салу, бұғалықтау.* **2.** ауыс. *Еркіне жібермеу, тежеу, тойтару.*

**ҚҰРЫҚТАЙ** сын. **1.** *Ұзын, сұңғақ.* **2.** экспр. *Сорайған, сидиған, ұлкен.*

**ҚҰРЫҚТАС** сын. *Жылқыны бірге бағатын, қатар жылқышы.*

**ҚҰРЫҚТАС=** ет. *Өрістегі жылқыны құрық тастап, бірге ұстасу.*

**ҚҰРЫҚТАСТАМ: құрықтастам жер.** этн. *Құрық созым; 4-5 метрдей жақын, таяу аралықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ҚҰРЫҚТАСУ** *Құрықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫҚТАУ** *Құрықта етістігінің қимыл атауы; құрық салу, бұғалықтау.*

**ҚҰРЫҚТЫ** сын. *Құрығы бар, қолына құрық ұстаған.*

**ҚҰРЫҚША[1]** зат. *Кішкентай құрық.*

**ҚҰРЫҚША[2]** үст. *Құрық тәрізді, құрыққа ұқсап.*

**ҚҰРЫҚШЫ** зат. *Құрық салушы, құрықпен жылқы ұстаушы.*

**ҚҰРЫЛ=** ет. **1.** *Іліну, жайылу, жасалу.* **2.** *Ұйымдастырылу, жасалу.* **3.** *Жасақталу, сайлану, бекітілу.* **4.** *Одақтасу.* **5.** *Пайда болу, қосылу.*

**ҚҰРЫЛҒЫ** зат. **1.** тех. *Қандай да бір техникалық қызметке арналған тетіктер жүйесі.* **2.** *Белгілі бір материалдан жасалған, белгілі формасы мен өлшемдері бар бөлшектердің өзара орналасуы және құрамы.*

**Құрылғы адаптері.** инф. <ағыл. device adapter> *Компьютерді оның сыртқы құрылғысымен байланыстыратын арнайы құрылғы.* **Құрылғы атауы.** инф. <ағыл. device name> а) *Құрылғының типтік атауы.* ә) *Өзі орналасқан құрылғыны көрсететін файл атауының бөлігі.* **Құрылғыдағы қате.** инф. <ағыл. unit error> *Жабдықтың жаңылысуы немесе арналық программадағы қате.* **Құрылғы драйвері.** инф. <ағыл. device driver> *Операциялық жүйенің сыртқы құрылғылармен – пернелік тақта, тінтуір, монитор немесе принтерлермен байланысын орнататын төменгі деңгейдегі басқару бағдарламасы.* **Құрылғы контроллері.** инф. <ағыл. device controller> *Компьютердің сыртқы құрылғыларды басқаратын әрі программаланатын құрылғысы.* **Құрылғыларды бөлу.** инф.

<ағыл. device sharing> *Әртүрлі абоненттердің бір құрылғыны бірге пайдалануы.* **Құрылғыларды үлестіру.** инф. <ағыл. device allocation> *Тапсырма бөліміне, құрылғылардың қолайлылығын тексеруге, ыңғайлы құрылғыларды бөлуге және тапсырма бөліміне құрылғылар бөлу фактісін дайындауға қажетті том мен құрылғыны анықтауға арналған бағдарлама.* **Құрылғы нөмірі.** инф. <ағыл. device number> *Компьютердің сыртқы құрылғысына телінетін және осы құрылғыға қатынаудың абсолют адресі ретінде пайдаланылатын сан.* **Құрылғыны басқару блогі.** инф. <ағыл. unit control block> а) *Компьютерлердің бірыңғай жүйесінің операциялық жүйесінде – операциялар құрамының, ақпарат түрлерінің, қалып-күй байттарының және басқа да мәліметтерді енгізу-шығару құрылғыларының сипаттамалары бар кесте.* ә) *Шағын компьютерлер жүйесінде – енгізу-шығару драйверлерін пайдаланатын және құрылғы жайында статикалық, динамикалық мәліметтері бар кесте.* **Құрылғының блок-схемасы.** инф. <ағыл. block diagram> *Құрылғының негізгі блоктарын, олардың құраушыларын нақтыламастан көрсететін схема.* **Құрылғының типтік атауы.** инф. <ағыл. group device name> *Бір типті сыртқы құрылғылардың тобына телінетін және енгізу-шығаруды программалауда пайдаланылатын жалпыланған шартты атау.*

**ҚҰРЫЛДА=** ет. **1.** *Бақаның құр-құр еткен дыбыс шығаруы.* **2.** *Құстардың пыр-пыр, құр-құр еткен, бір-біріне қосылған дыбыс шығаруы.*

**ҚҰРЫЛДАҚ** сын. *Құрылдай беретін.*

**ҚҰРЫЛДАУ** *Құрылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫЛМАЛЫҚ: құрылмалық материалдар.** инф. <ағыл. construction> *Алдын ала қарастырылған күштік салмақтарды көтере алатын және төзімділігі жеткілікті болатын әртүрлі құрылмаларды (ғимараттар, аспаптар, машиналар, станоктар және т. б.) дайындау үшін қолданылатын материалдар.*

**ҚҰРЫЛТАЙ** зат. **1.** тар. *Түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі.* **2.** *XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылған жиын.* **3.** ресми. *Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан секілді Орта Азия елдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органы.* **4.** саяси. <ор. съезд> *Партиялардың, қозғалыстардың т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы басқосу жиылысы.*

**Құрылтай жиналысы**. ***Құрылтай***. **Құрылтай шақырылды**. *Құрылтай жиналысы болатыны хабарланды.*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ** зат. **1.** қоғ. *Мақсатты іс-әрекетті ұйымдастырушы және қаржы бөлуші.* **2.** экон. *Белгілі бір ұйым, кәсіпорын, фирманың негізін қалаушы, заңды немесе жеке тұлғалар.*

**Құрылтайшы акциялары**. экон. *Акционерлік компаниялардың құрылтайшылары арасында бөлінетін және оларға кейбір артықшылықтар беретін акциялар.* **Құрылтайшылар шарты**. экон. *Кәсіпорынның мүлкін меншіктенуші (ол уәкілеттік берген орган) мен кәсіпорынның органы арқылы осы кәсіпорынның өзінің арасында не кәсіпорын (қоғам) құру үшін өздерінің мүліктерін біріктіретін бірнеше меншіктенушілер арасында жасалатын шарт.*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ-БАНК** зат. экон. *Басқа банк акциялары пакетін иеленуші, оның қызметін бақылаушы банк.*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ** сын. *Құрылтайшы болуға тән.*

**Құрылтайшылық пайда**. экон. *Акционерлік қоғам құрылтайшылар акцияларды сатудан алынған сома мен оның құрылуы кезінде салынған нақты капитал арасындағы айырма түрінде алатын табыс.* **Құрылтайшылық шығын**. экон. *Кәсіпкердің кәсіпорынды құруға, ұйымдастыруға, оның жұмыс істеуі үшін негізгі құрал-жабдықты сатып алуға жұмсаған шығыны.*

**ҚҰРЫЛУ** *Құрыл етістігінің қимыл атауы; ұйымдастырылу, жасалу.*

**ҚҰРЫЛЫМ** зат. **1.** *Ұйым; арнайы жасақталған түрлі ұйымдар мен мекемелердің жалпылама атауы.* **2.** лингв. *Тілдік жүйе бірліктерінің құрамы, бөліктері, ұйымдасуы.* **3.** *Бір нәрсенің құрамы, құрылысы.* **4.** *Жүйе, мақсатты құрылған құрам.* **5.** филос. <лат. structura> *Объектінің тұтастығын, тепе-теңдігі мен негізгі қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін байланыстар мен қатынастар жиынтығы.* **6.** әдеб. *Өлең шумағының ырғақ, ұйқас, жол жағынан үйлесімі.* **7.** физ. *Элементтердің өзара байланысы.*

**Құрылым түзгіштер.** хим. *Полимерлердің молекула үстіндік құрылымын бағытты реттеу мақсатымен енгізілетін агент.*

**ҚҰРЫЛЫМДАНУ** зат. хим. *Майдалық жүйелерде және полимерлерде байланысқан кеңістіктік құрылымдардың түзілуі.*

**ҚҰРЫЛЫМДАС** сын. *Құрылымы жағынан ұқсас, құрылымдық, сөзжасамдық үлгісі бір.*

**ҚҰРЫЛЫМДАСТЫҚ** зат. *Құрылымы бірдейлік, құрылысы ұқсастық.*

**ҚҰРЫЛЫМДАУ** *Құрылымда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫЛЫМДЫ** сын. *Құрылымы бар, бірнеше бөлікті.*

**Құрылымды бағдарламалау**. инф. <ағыл. structured programming> *Нақты схемамен құрылатын, нақты кострукциясы болатын және модульдері мен сатылы құрылымдары белгілі бір деңгейге жеткізілген деп есептелетін қазіргі кездегі бағдарламалар сапасына қатысты айтылатын жалпы ұғым.* **Құрылымды сұраныстар**. инф. *Қажет ететін клиент-компьютер өз сұранысын осы тілде жазып, серверге жөнелтетін, ал сервер соған сәйкес мәліметтерді тауып, сол сұранысты орындайтын IBM фирмасының үлкен компьютерлердің мәліметтер базасын пайдалануға арналған тілі.*

**ҚҰРЫЛЫМДЫҚ** сын. *Құрылымына сай, соған тән.*

**Құрылымдық артықтық**. инф. <ағыл. structure redundancy> *Жүйе құрылымын күрделендіру есебінен ендірілген жүйе артықшылығы.* **Құрылымдық әдіс**. геол. *Таужыныстар дың бір-бірімен астасу пішіндерін және олардың құрылым-бітім ерекшеліктерін саралауға негізделген зерттеу әдісі.* **Құрылымдық валюта саясаты**. экон. *Дүниежүзілік валюта жүйесіндегі ұзақ мерзімді құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған шаралар жиынтығы.* **Құрылымдық геология**. геол. *Жер қыртысына қарасты таужыныстардың астасу және тектоникалық бұзылыс пішіндерін зерттейтін геотектоникалық ғылым тармағы.* **Құрылымдық дағдарыстар**. экон. *Циклдік емес сипаттағы ауқымы кең дағдарысты құбылыстар; ұлттық шеңбердегі және халықаралық ауқымдағы ұдайы өндірістің объективті түрде қажетті түйінді үйлесімділіктерінің терең, ұзақ мерзімді сипатта бұзылуы.* **Құрылымдық жұмыссыздық**. экон. *Сұраныс пен өндіріс технологиясының құрылымындағы өзгерістерден туындайтын, кәсіпорындарда жаңа кәсіптердің, жұмыс орындарының пайда болуына, ескілерінің жойылуына апарып соқтыратын жұмыссыздық түрі.* **Құрылымдық изомерия.** хим. *Химиялық қосылыстардың құрылымдық элементтерінің байланыс реті әртүрлі, бірақ құрамдары бірдей болып келетін изомериясы.* **Құрылымдық индекс**. геол. *Корреляция индексі алдымен мұнай фракцияларының көмірсутекті құрамын сипаттау үшін берілген (Smith, 1940) шартты параметр.* **Құрылымдық карта**. *Тектоникалық пішіндердің тұрқы мен түрін бейнелейтін карта.* **Құрылымдық модель**. инф. <ағыл. structured data model> *Құрылым түрінде берілген мәліметтер моделі – мәліметтер типтері мен олардың арасындағы байланыстар жиыны түрінде ұсынылған мәліметтер моделі.* **Құрылымдық психология**. психол. а) *Психологияның пәні сана элементтері және олардың арасындағы арнайы жаттыққан интроспекция арқылы табылатын құрылымдық қатынастар деп санаған бағыт.* ә) *Ж.Пиаженің зияттың негізінде жатқан ой-түсініктерінің құрылымдарын қарастыратын когнитивті даму теориясы.* **Құрылымдық синтездеу**. инф. <ағыл. structure synthesis> *Дерексіз синтездің нәтижесі бойынша элементарлық автоматтардың қызметтік эквиваленттік желісін, әдеттегідей екілік алфавитте құру.* **Құрылымдық схема**. инф. <ағыл. the block diagram> *Процестерді ұйымдастыру, талдау немесе мәселені шешу тәсілдерін графикалық ұсыну.* **Құрылымдық талдау**. а) *Металдар мен материалдардың кристалдық құрылымын рентген сәулелері, электрондар мен нейтрондардың дифракциясы арқылы зерттеу.* ә) *Тілді, әдебиет пен өнер шығармаларын, жалпы мәдениетті, этникалық қауымдастықтарды зерттеуде кеңінен қолданылатын парадигмалық, жүйелілік тұрғыдан талдау әдістері.* б) хим. *Үлгінің құрылымын анықтау мақсатында жүргізілетін талдау әдісі.* **Құрылымдық терраса**. геол. *Қабаттардың жалпы моноклин кеңістік аясында көлбеу немесе соған жақын жатқан бөлікшесі.* **Құрылымдық фактор**. физ. *Кристалдың элементар ұяшығының рентген сәулеленудің, гамма сәулеленудің және нейтрондардың ұяшықтың ішкі құрылымына тәуелді конгерентті шашырау қабілетін сипаттайтын шама.*

**ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МЕТАЛЛОГЕНДІК: құрылымдық-металлогендік белдем**. геол. *Металлогендік аймақтар мен белдеулер өңіріндегі жекелеген геосинклиндік немесе платформалық құрылымға тәуелді кенді формация мен кен түрлерін кіріктіру мүмкіндіктері тұрғысынан дараланатын атырап.*

**ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФОРМАЦИЯЛЫҚ: құрылымдық-формациялық кешен**. геол. *Геологиялық құрылымдардың арнаулы түрлерінің дамуы барысында нақтылы тектоникалық режім мен физикалық-географиялық жағдайларға орай қалыптасуына байланысты тек өзіне тән құрам және құрылым ерекшеліктерімен сипатталатын шөгінді және жанартаутекті таужыныстарды біріктіріп, негізінен қатпарлы аймақтар өңірінде ұшырасатын геологиялық формациялар тобы.*

**ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ: құрылымдық-функционалдық талдау**. *XX ғасырдың екінші жартысында батыс Еуропа, АҚШ елдерінде қалыптасқан қоғамдық ғылымдардың әдіснамалық бағыты.*

**ҚҰРЫЛЫМСЫЗ** сын. *Құрылымы жоқ.*

**Құрылымсыз топырақ**. геол. *Құрылымы жоқ, құнарсыз топырақ.*

**ҚҰРЫЛЫМТҮЗГІШТЕР** зат. физ. *Полимерлердің молекула үстіндік құрылымын бағытты реттеу мақсатымен енгізілетін агент.*

**ҚҰРЫЛЫМТҮЗІЛУ** зат. хим. ***Құрылымдану.***

**ҚҰРЫЛЫС** зат. **1.** *Белгілі жобамен салынып жатқан әртүрлі тұрғын үй, мекеме т. б.* **2.** *Белгілі бір нәрсенің құрылымы, құрамы.* **3.** биол. *Өсімдіктердің жасушалық құрамы.* **4.** мед. *Адам, жануарлар ағзасының құрамы. // Іш-құрылыс.* **5.** ауыс. *Сипат, ұйымдасу, ұжым.* **6.** әдеб. *Өлең жолдарының ұйымдасуы.*

**Құрылыс акустикасы**. құр. *Жалпы акустика ілімінің ғимараттар мен ғимараттардың қоршау құралымдарын сыртқы әрі ішкі орталардың шуынан оқшаулау және оны барынша азайту мәселелерімен айналысатын саласы.* **Құрылыс алаңы.** *Құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жер, орын.* **Құрылыс банкісі.** тар. *Құрылыс үшін күрделі қаржы бөлетін бүкілодақтық банк.* **Құрылыс бұйымы**. *Үймереттер мен ғимараттардың құрылыс элементтері ретінде қолдануға арналған бұйым; орнату орнынан тыс дайындалатын құрылыс құрылымының элементі (бағана, ферма, беларқа, аражабын тақтасы, қабырға*

*панелі, арматура қаңқасы және т. б.).* **Құрылыс жұмыстары.** *Үйлер мен ғимараттарды тұрғызу, қайта құрылымдау, кеңейту, күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың кешені.* **Құрылыс индустриясы**. қ ұ р . *Құрылыс нысандарын жаңадан салу, ұлғайту, жаңғырту, күрделі жөндеуден өткізу, құрал-жабдықтар орнату, құрастыру жұмыстарын индустриялық әдіспен жүзеге асыратын құрылыс-құрастыру ұйымдарының жиынтығы.* **Құрылыс көтергіш**. қ ұ р . *Тік немесе жантайған бағытымен айналатын, жүк құрылғының көмегімен алынған жүк түсіру және көтеру үшін арналған құрылғы.* **Құрылыс қаржылары.** э к о н . *Құрылыс жұмыстарына бөлінген қаржы.* **Құрылыс материалдары.** қ ұ р . *Үй, ғимараттар салу мен жөндеуде қолданылатын табиғи және жасанды материалдар мен бұйымдар.* **Құрылыс мәшинелері.** *Құрылыс жұмыстарына қажетті мәшинелер мен механикаландырылған құрал-жабдықтар.* **Құрылыс механикасы**. қ ұ р . *Ғимараттардың беріктігін, қатаңдығын, соққы мен дірілге төзімділігін есептеу тәсілдері мен принципі жайындағы ғылым.* **Құрылыс нысандары.** к і т . *Құрылыс салынып жатқан орын.* **Құрылыс объектісі**. қ ұ р . *Соғылып, тұрғызылып жатқан үй-жай, құрылыс ны саны.* **Құрылыс өндірісі**. *Құрылыстың дайындық және негізгі кезеңдеріндегі құрылыс-құ- растыру және арнайы жұмыстарды қоса алғанда тікелей құрылыс алаңында орындалатын өндірістік үрдістердің жиынтығы.* **Құрылыс өнімі.** э к о н . *Іске қосылған және қайта құрамдастырылған өндірістік мақсаттағы нысандар (кәсіпорындар, ғимараттар: зауыттар, газ құбырлары т.б.); бейөндірістік мақсаттағы нысандар (тұрғын үйлер, мектеп, аурухана үймереттері, т.б.); құрылысқа шаруашылық саласы ретінде кіретін құрылыс, құрастыру, жобалау және іздестіру ұйымдары қызметінің нәтижелері.* **Құрылыстағы автомобиль көлігі**. қ ұ р . *Құрылыс жүктерін тасымалдауға кең қолданатын негізгі көліктің түрі.* **Құрылыс тұтқырғыш заттары**. қ ұ р . *Уақытымен қатайған қатты тас тәрізді дене, ыңғайлы өңдеуі мен массасы пластика сумен араласып алынған ұнтақ тәрізді материал.* **Құрылысты басқару**. *Тұрғызылып жатқан объектілерді еңбек, материалдық және ақша шығындарын негұрлым азайтып, техникалық прогресс қарқынын арттыру жолымен іске қосу жоспарын орындауды қамтамасыз ету.* **Құрылыстың күнтізбелік жоспары**. қ ұ р . *Негізгі құрылыспен қосалқы объектілерді салу мерзімін келісуге арналған жоспар жасау мен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар материалдық-техникалық жабдықтау қажеттігін белгілеп, жұмысшы кадрларын, құрылысқа керекті қаражат белгілеу.* **Құрылыстың мердігерлік әдісі**. қ ұ р . *Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің ұйымдық нысаны.* **Құрылыстың сметалық құны.** қ ұ р . *Кәсіпорынды, жекелеген ғимаратты не олардың кешенін (өндірістік комбинаттарды, тұрғын үй орамдарын, көлік жолдарын) салуға (жаңғыртуға) байланысты жұмсалатын барлық шығындардың мөлшері; құрылыстағы өнімнің бағасы.* **Құрылыстың іргетасын дайындау**. *Гидротехникалық ғимарат салынатын жердің іргетасын нығайту және жер құрғату мен суландыру желілері құрылысының беріктігін арттыру.* **Құрылыс экологиясы**. *Құрылыста бұзылған жерлерді өңдеу, табиғи қорларды жоғалтудан қақпайлау, топыраққа, суаттарға және атмосфераға зиянды заттарды шығарудан сақтау не тазартумен байланысты шаралар жүйесі.* **Құрылыс экономикасы.** қ ұ р . *Құрылыс дамуының экономикалық заңдылықтарын, оның тиімділігін зерделейтін ғылым.*

**ҚҰРЫЛЫС-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ: құрылыс-технологиялық блок**. қ ұ р . *Құрастырылатын құрылыс құрылымдары мен жабдықтарының өзара байланысқан, алдын ала кәсіпорында немесе құрылыс алаңында бірыңғай жыныстардың қалыңдығының үлгаюы, қабат құруы.*

**ҚҰРЫЛЫСТЫ** с ы н . *Құрылысы бар, құрылымды.*

**ҚҰРЫЛЫСТЫҚ** с ы н . *Құрылысқа жарамды, құрылыс үшін қажетті.*

**Құрылыстық керамика**. *Баздан немесе оның басқа минералдармен қосындысынан жасалып, тастай қатқанға дейін күйдірілген бұйым.* **Құрылыстық қалдықтар.** *Негізінен тұрғын үйлерді, өндіріс орындарын, жол, т.б. құрылыс жұмыстарын жүргізген кездерде пайда болатын қалдықтар.* **Құрылыстық лай**. қ ұ р . а) *Байланыстырғыш заттардың аралас қоспасы.* ә) *Құм, тас, цемент және т. б. тәрізді ұсақ толтырғыштармен қоса сумен қанықтырылған және белгілі бір уақыттан берік, байланыстырғыш қасиетке ие болатын құрылыс заты.* б) *Ағынды су қимасынан белгілі бір уақыт мерзімі ішінде өтетін тұнба.* **Құрылыс шыны.** х и м . *Жарық түсетін тесіктерді шынылайтын шыны, құрылыстардың сыртын әшекейлеуге қажетті шыны.*

**ҚҰРЫЛЫСТЫР=** е т . *Ұйымдастыру, біріктіру, жасау.*

**ҚҰРЫЛЫСТЫРУ** *Құрылыстыр етіс- тігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫЛЫСШЫ** з а т . **1.** *Құрылыста жұмыс істейтін адам, құрылыс маманы.* **2.** т а р . с о в е т . *Белгілі бір қоғамға қызмет етуші, соған үлес қосушы.*

**Құрылысшылар бригадасы.** *Құрылысшы мамандардан құрылған бригада.*

**ҚҰРЫЛЫСШЫЛЫҚ**[1] з а т . *Құрылысты кәсіп етушілік, құрылыс ісімен айналысушылық.*

**ҚҰРЫЛЫСШЫЛЫҚ**[2] с ы н . *Құрылысшы кәсібімен байланысты.*

**ҚҰРЫМ**[1] *Күн қақтап, шаң қонып әбден ескірген, тозығы жеткен киіз.* // э к с п р . *Жыртық лашық, жаман үй.*

**Құрым жұлығы.** *Құрымнан тігілген шұлық.* **Құрым киіз.** э т н . *Күн қақтап, ыс сіңіп, қара қошқыл тартқан киіз.* **Құрым үй.** *Жыртық лашық, қараша үй, кедейдің үйі.*

**ҚҰРЫМ**[2] з а т . **1.** *Қызыл күрең немесе қара түсті, жылтыр бояу.* **2.** *Сиырдың не жылқының түздалып, кептірілген, жер астынан қазылған шұңқырда 5-7 күн ысталып, жұмсартылған терісі.* // *Құрым терісінен жасалған.*

**Құрым етік.** *Құрымға боялған, былғарыдан тігілген етік.* **Құрым сары.** *Күрең қызыл.* **Құрым іліп, күл шашу.** *Жұрт алдында, масқаралау, жазалау.*

**ҚҰРЫМ**[3] з а т . *Шошаланың төбесіне жиналған қара күйе, ағни ыс.*

**ҚҰРЫМДАЙ** с ы н . **1.** *Қызыл күрең, қара қошқыл; ащы.* **2.** *Құрым сияқты.*

**ҚҰРЫМДАН=** е т . *Күреңітіп, қарайып, тозығы жету.*

**ҚҰРЫМДАНУ** *Құрымдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫМСАҚ** з а т . *Кірме, келімсек.*

**ҚҰРЫН=** е т . *Жоқ дей беру, аузын қу шөппен сүрту.*

**ҚҰРЫНУ** *Құрын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫС** з а т . *Бойдың бырыс-тырысы, сіресені.*

**ҚҰРЫС**[1]**=** е т . **1.** *Бой жаздырмау, сіресу, дененің қатып қалуы.* **2.** а у ы с . *Қабақ шыту, жаратпау.* **3.** *Тырысу, терінің бырысып қалуы.*

**ҚҰРЫС**[2]**=** е т . *Бірге жасасу, бірге құру.*

**ҚҰРЫСҚАҚ**[1] з а т . *Тымақтың бауын байлауға арналған ағаш тиек, тобылғы тиек.*

**ҚҰРЫСҚАҚ**[2] с ы н . *Құрысып қалғыш, ашуланшақ.*

**ҚҰРЫСҚАҚТАУ** с ы н . *Құрысып қала бергіштеу, ашуланшақтау.*

**ҚҰРЫСПА** с ы н . *Құрысып қалатын, құрысқақ.*

**ҚҰРЫСТА=** е т . **1.** *Жаздырмай қою, сіреспіру (арқасы, белі т. б.).* **2.** а у ы с . *Түнеру, бұзылу, ашылмау (ауа райы).*

**ҚҰРЫСТАН=** е т . **1.** *Денесі жаздырмай сіресу.* **2.** а у ы с . *Құрыс-тырысы жазылмай, қабағы шытылып жүру.*

**ҚҰРЫСТАНДЫР=** е т . *Денесін жаздырмай сіресту.*

**ҚҰРЫСТАНДЫРУ** *Құрыстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТАНУ** *Құрыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТАҢҚЫРА=** е т . *Тырысыңқырау, сіресіңкіреу.*

**ҚҰРЫСТАҢҚЫРАУ** *Құрыстаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТАТ=** е т . **1.** *Денесін жаздыртпау, сірестіру.* **2.** а у ы с . *Жан-жақтан қысу, қыспаққа алу.*

**ҚҰРЫСТАТУ** *Құрыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТАУ** *Құрыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТЫР=** е т . *Сірестіру, тырыстыру.*

**ҚҰРЫСТЫРУ** *Құрыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСТЫРЫП-БЫРЫСТЫРЫП** ү с т . *Бой жаздырмай, құрыстап.*

**ҚҰРЫС-ТЫРЫС** з а т . **1.** *Киімнің мыжылып, умаждалып, қыртыстанып қалған жері.* **2.** а у ы с . *Ауру-сырқау, жел-құз.* **3.** а у ы с . *Ашу-ыза, реніш.*

**Құрыс-тырысы жазылды.** *Қабағы ашылды, көңілденді.*

**ҚҰРЫСУ**[1] *Құрыс етістігінің қимыл атауы; сіресу, қатып қалу.*

**ҚҰРЫСУ**[2] *Құрыс етістігінің қимыл атауы; бірге құру, жасасу.*

**ҚҰРЫСУШЫ** з а т . *Бір нәрсені өз қолы - мен құрушылардың бірі, құрысуға атсалысушы.*

**ҚҰРЫСЫҢҚЫРА=** е т . *Аздап құрысу, сіресіңкіреу.*

**ҚҰРЫСЫҢҚЫРАУ** *Құрысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫСЫП-ТЫРЫС=** е т . **1.** *Сірестіріп ұстап қалу.* **2.** *Бүрісу, аурудан бүктетіліп қалу.*

**ҚҰРЫСЫП-ТЫРЫСУ** *Құрысып-тырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫТ=** е т . с ө й л . ***Құрт.***

**ҚҰРЫТУ** *Құрыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫШ** з а т . *Жылтыр сұр түсті, темір мен көміртегі және басқа бекіткіштердің ерітіндісінен тұратын болаттың берік түрі.* // *Құрыштан жасалған.*

**Құрыш береннің жүзіндей**. б е й н . *Өткір, шешен.* **Құрыш білек.** *Күшті, қажырлы, қайратты.* **Құрыш білекті жан.** п о э т . *Күшті әрі төзімді еңбекқор адам.* **Құрыш қолдар**. б е й н . *Жұмысшы, жұ мыс- шы табы.*

**ҚҰРЫШТАЙ** с ы н . **1.** *Шымыр, мықты.* **2.** *Берік, шыңдалған.*

**ҚҰРЫШТАЛ=** е т . **1.** *Ет жинау, таралу, шымдалу.* **2.** а у ы с . *Шыңдалу, қайраттану.*

**ҚҰРЫШТАЛУ** *Құрыштал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫШТАН=** е т . *Шымырлану, шыңдалу.*

**ҚҰРЫШТАНУ** *Құрыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰРЫШТЫ** с ы н . *Құрышы бар; мықты.*

**ҚҰРЫШШЫ** з а т . *Құрыш құюшы; металлург.*

**ҚҰС** з а т . з о о л . **1.** *Дене пішіні әртүрлі, қауырсынды, қанатты, екі аяқты, тұмсықты, көбіне ұшып жүріп тіршілік ететін жәндік.* **2.** *Сәндік үшін және қауырсынын, етін, жұмыртқасын пайдалану үшін қолда өсірілетін, ауланатын құс.*

**Құс айырған Құби жел.** *Құс атуға қолайлы мезгіл, уақыт.* **Құс ату**. с а я т . *Құс атып алуға шығу.* **Құс аулады.** *Тұзақ құрып, басқа да әдіс-тәсілдерді пайдаланып, құсты қолға түсірді.* **Құс базары.** а) *Әртүрлі құстар сатылатын базар.* ә) *Теңіз, су жағалауына құстардың ұя салып, топталып мекендейтін орны.* б) *Жиналған құстардың қиқуы, сайраны.* **Құс болып ұшты.** *Самғады, зулады, зымырады.* **Құс елтірісі.** *Құстың жүні алынбаған терісі.* **Құс еті.** т а м а қ . а) *Сойылған құстың еті.* ә) *Сойылған құс етінің*

*асылған, пісірілген, бұқтырылған, қуырылған түрі.* **Құс жастық.** *Құс мамығынан жасалған жастық.* **Құс кебі.** *Қолдан жасалған құс тұлыбы.* **Құс керуені.** *Құстардың ұшбұрыш болып, болмаса ұзыннан-ұзақ шумақталып ұшуы.* **Құс қайтты.** *Құстар жылы жаққа ұшып кетті.* **Құс қақты.** саят. *Құспен саят құрды.* **Құс қалам.** *Құстың қауырсынынан жасалған қалам.* **Құс қанат.** экспр. *Жүйрік ат туралы.* **Құс қанаты күйгендей.** *Күннің әбден қайнап тұрған кезі, аспан айналып жерге түскендей ыстық.* **Құс қонбас.** *Тірі жан жүрмес, адам аяғы баспас.* **Құс мінезді.** *Алып-ұшпа, қызуқанды.* **Құс мұрын [тұмсық].** *Үсті дөңестеу, иміп келген мұрын.* **Құс мылтық.** *Көбінесе құс ататын, оғы онша алысқа ұшпайтын мылтық.* **Құс салды.** саят. *Бүркіт, қаршыға қыран сияқты құстармен аң аулады, саят құрды.* **Құс салып, ит жүгіртті.** *Ит жүгіртіп, құс салды.* **Құс сүті.** *Табылуы қиын нәрсе.* **Құстан туған құмай.** *Құстың алғыры, қыраны.* **Құстарды есепке алу**. зоол. *Құстардың саны мен (абсолютті және салыстырмалы) түрлік құрамын (сайрауы және т. б. белгілері бойынша) анықтау.* **Құстарды қорғау**. зоол. *Құстардың тіршілік етуін қамтамасыз ететін деңгейде олардың саны мен популяциялық-түрлік құрамын сақтауға бағытталған халықаралық, мемлекеттік және аймақтық әкімшілікті-шаруашылықтық және қоғамдық шаралардың кешені.* **Құстар фаунасы.** зоол. а) *Белгілі бір аумақта тұрақты, маусым кезінде тіршілік ететін немесе кездейсоқ кездесетін (басқа жақтан ұшып келетін) құс түрлерінің саны.* ә) *Қандай да бір жердің құстары.* **Құс төс.** *Алға шығыңқы, бұлтиып тұрған төс.* **Құс түлетті.** саят. *Қыран құстың балапанын алғаш рет аңға салу үшін баптап, жетілдірді.* **Құстың қияғы.** *Құстың қалықтап ұшқан қанаты.* **Құс тіл.** *Кішкене, жіңішке.* **Құс тірілету [тірілту].** саят. *Қыран балапанына жанды нәрсе жегізіп, баулу, ауыздандыру.* **Құс ұшпас қу дала.** *Елсіз жер, айдала.* **Құс фабрикасы [фермасы].** *Құс өсірумен айналысатын арнайы орын.* **Құсың құтты [қайырлы] болсын.** тілек. *Жаңа үйленген адамға айтылатын «қосағың құтты болсын!» деген мағынадағы игі тілек, ықылас.* **Құсы түсті.** жерг. *Зығырданы қайнады, ашуы келді.*

**ҚҰС=** ет. **1.** *Ішкен асы сіңбей, ауыздан кері шығару.* **2.** *Сапасы бұзылу, айну.* **3.** *Түсі бұзылу.* **4.** ауыс. *Жеп қойған, ұрлаған дүниелерін иесіне тауып беру, қайтару.*

**Құсқысы келді.** а) *Жүрегі айныды, қобалжыды.* ә) *Жиренді, қарағысы келмеді.* **Құс кездік.** *Ұшы ұшкір кездік.*

**ҚҰСА** зат. *Қайғы-қасірет, уайым-шер.*

**Құса болды.** *Сары уайымға салынды, қатты қайғырды.* **Құсаға шалдықты.** *Құсаланды, сары уайымға салынды.* **Құса жеді.** *Қайғы-қасіретке душар болды, сары уайым басты.* **Құса жұтты.** *Қайғы-қасіреттің зардабын шекті.* **Құса тартты.** *Қатты қапаланды, қайғырды.*

**ҚҰСА=** ет. сөйл. *Біреуге, бір нәрсеге ұқсау.*

**ҚҰСАҒАН** сын. кәс. *Жын шашқыш (бая түйелердің қарсылығы, өзін қорғау үшін жасайтын әдеті).*

**ҚҰСАҒАШ** зат. саят. *Саят құстары отыру үшін жасалған қындақ ағаш, тұғыр.*

**ҚҰСАЛАН=** ет. *Қайғы жұту, шерлену.*

**ҚҰСАЛАНУ** *Құсалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСАЛЫ** сын. *Қайғы меңдеген, мұңды, шерлі.*

**ҚҰСАЛЫҚ** зат. *Құса болушылық,қасіретке батушылық.*

**ҚҰСА-МҰҢ** зат. *Қайғы-қасірет, уайым-шер.*

**ҚҰСАР**: **құсар жер**. *Күйдің аяқталар тұсы.*

**ҚҰСАРИЯ** зат. сөйл. ***Құсалық***.

**ҚҰСАТ=** ет. сөйл. ***Ұқсату***.

**ҚҰСАТУ** *Құсат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСАУ** *Құса етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСА-ШЕР** зат. *Сары уайым, қайғы-қасірет.*

**ҚҰСБАУ** зат. саят. *Саят құстарының (бүркіт, қаршыға т.б.) аяғына бекітілетін аяқбау; қайыс.*

**ҚҰСБАУЛА=** ет. *Тай-құнанды қосақтап байлап ілестіру.*

**ҚҰСБАУЛАУ** *Құсбаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСБЕГІ**[1] зат. **1.** *Әртүрлі саят құстарын қолға үйретуші, баптаушы және онымен саят құрушы.* **2.** *Тор құрып, қыран құстардың балапанын ұстаушы.*

**ҚҰСБЕГІ**[2] зат. көне. *Қоқан хандығының әскербасы.*

**ҚҰСБЕГІЛІК** зат. саят. *Бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнер, құс баптаушылық, бапкерлік.*

**ҚҰСБЕЛГІ** зат. сөйл. *Жасалатын шаруалардың тізіміне орындалғанына салынатын белгі.*

**ҚҰСЕТТЕН=** ет. *Бозарып түршігу, тітіркену.*

**ҚҰСЖОЛЫ** зат. астр. <грек. galaktikos>*Жыл мезгіліне қарай орын* ауыс. *тырып отыратын аспандағы ақ жолақ; алыс жұлдыздар сілемі.*

**ҚҰСКЕЗДІК** зат. *Аң-құс союға арналған шағын пышақ.*

**ҚҰСҚАНАТЫ**[1] зат. *Жыл құстары келе бастаған кезде жауатын соңғы қар.*

**ҚҰСҚАНАТЫ**[2] зат. зерг. *Білезікке жүргізілетін өрнек (құстарға байланысты туған ою-өрнектер азаттық, еркіндік символы).*

**ҚҰСҚОДА** зат. *Құс аулайтын құрал.*

**ҚҰСҚОНАҚ** зат. саят. *Құстардың түнейтін, қонақтайтын орны.*

**ҚҰСҚОНБАС** зат. өс. *Түйе жейтін, қонақтамайтын тікенді өсімдік.*

**ҚҰСҚОРЕКТІ** зат. *Құстармен қоректенетін.*

**ҚҰСМҰРЫН: құсмұрын білезік**. *Құс тұмсық түріндегі білезік.* **Құсмұрын жүзік**. *Бір саусаққа салатын сүйір тұмсық жүзік.* **Құсмұрын өрнегі**. *Құс тұмсығын бейнелейтін ою.* **Құсмұрын сақина**. *Үсті дөңестеу келген сақина, балдақ түрі.* **Құсмұрын төс.** *Шалғы шыңдайтын кішкене төс.*

**ҚҰСҚЫЗ=** ет. *Құстыру.*

**ҚҰСҚЫЗУ** *Құсқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСНИ** [ар. حسن] сын. *Өте әдемі, асқан сұлу.*

**Құсни жазу.** <грек. kalligraphia> *Көркем және түсінікті етіп айқын жазу өнері.*

**ҚҰСОЙНАҚ** зат. *Құстардың күйттеу және шағылысуы кезіндегі түрлі ойыны.*

**ҚҰСРА** сын. ескі кіт. ***Міндетті.***

**ҚҰССИРАҚ** зат. өс. *Өсімдіктің түрі.*

**ҚҰСТА: іш құста болды.** *Ішіне дерт түсті, қайғы-уайым басты.*

**ҚҰСТАЙ** сын. *Құс сияқты, құс секілді.*

**Құстай ұшты.** а) *Жүрісіне көз ілеспеді, зымырады.* ә) *Атағы, абыройы тез жайылды.* **Құстай [ұшатын құстай] қомданды.** *Ілгері ұмтылды, талпына қозғалды.*

**ҚҰСТАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Құсалық***.

**ҚҰСТАНА** зат. сөйл. ***Құстана***.

**ҚҰСТАНАЛА=** ет. сөйл. ***Құстанала***.

**ҚҰСТАНАЛАУ** *Құстанала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСТАНУ** зат. *Құстарды кешенді (оның ішінде экологиялық жағынан) зерттейтін зоология бөлімі.*

**ҚҰСТАҢБАЛЫ** сын. *Құс тәрізді, құс бейнесін елестетін.*

**Құстаңбалы күмбез қалып**. *Құстың қандай да бір мүшесін салатын қалып түрі.*

**ҚҰСТАҢДАЙ** сын. *Құстың таңдайындай бұжыр-бұжыр.*

**ҚҰСТАҢДАЙЛА=** ет. *Таңдай-таңдай ету, бұйралау.*

**Құстаңдайлап кесті**. *Жұқалап, жіңішкелеп тұрады, тілді.*

**ҚҰСТӨСЕК** зат. *Құс мамығынан жасалып, матамен тысталған төсеніш көрпе.*

**ҚҰСТҰҒЫР** зат. саят. *Қолға үйретілген бүркіт т.с.с. құс отыратын орын.*

**ҚҰСТҰМАУ** мед. *Үй құстарында болатын жұқпалы індет.*

**ҚҰСТҰМСЫҚ** сын. *Құс тұмсығындай сүйір.*

**Құстұмсық жүзік.** зерг. *Бауырының үстін құс тұмсығы сияқты етіп сүйірлеп соққан яки қалыпқа құйып жасаған жүзік.* **Құстұмсық қалып.** а) *Күмісті сүйір, дөңес формаға келтіретін қалып.* ә) *Білезік дайындауға қажетті басы сүйір де иілгіш шыбық, қадаубас (соқпа қалып түрі).* **Құстұмсық құйма жүзік**. зерг. *Құстұмсық жүзіктің қалыпқа құйып жасаған қымбат түрі.*

**ҚҰСТЫ** сын. *Құс өскен, құсы бар.*

**ҚҰСТЫҚ** сын. *Құстарға арналған.*

**Құстық қаумал**. *Құстарды қорғау үшін жасалған қоршау, тор.*

**ҚҰСТЫР=** ет. *Құсқызу, лоқсыту.*

**ҚҰСТЫРТ=** ет. **1.** *Құсқыздыру, лоқсыт-тыру.* **2.** ауыс. *Қайтарту, төлеттіру.*

**ҚҰСТЫРТУ** *Құстырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСТЫРУ** *Құстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСУ** *Құс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰСУСИ** сын. ескікіт. *Басқаша, ерекше, әсіресе.*

**ҚҰСҰЙҚЫ** зат. *Өте сергек ұйқы; аз ұйқы.*

**ҚҰСҰЙҚЫЛЫ** сын. *Ұйқысы сергек, тез оянатын.*

**ҚҰСҰР** зат. ескі кіт. *Қамал, сарай.*

**ҚҰСХАНА** зат. **1.** *Құстар тұратын күрке; тауық қора.* **2.** *Құс фабрикасы.* **3.** *Жабайы құстарды ұстап күтетін тор, күрке.*

**ҚҰСША** үст. *Құс тәрізді, құсқа ұқсап.*

**ҚҰСШЫ** зат. *Құс салатын адам; саяткер.*

**ҚҰСШЫЛ** сын. *Құсқұмар, саятшыл.*

**ҚҰСЫҚ** зат. **1.** *Іштен кері қайтқан, сіңбеген ас, тағам.* **2.** ауыс. *Жер қойнынан атылып шыққан ыстық масса, вулкан, лава.*

**Құсығын жалады.** *Біреудің қалған-құтқанын жеп күн көрді, соның арқасында жан бақты.* **Құсық таптыру**. жерг. *Құстыру, жүрегін айныту.*

**ҚҰСЫҚШӨП** зат. өс. сөйл. <лат. asarum> ***Тайтұяқ***.

**ҚҰСЫТТЫҚ** зат. жерг. ***Қастық.***

**ҚҰТ**[1] зат. *Береке, байлық, мол қазына.*

**Құт бие.** *Үнемі ұрғашы құлын, құлындап, құлыны өлмей өскен сүтті бие.* **Құт бітті [қонды, дарыды].** *Береке-бақ орнады, несібесі артып, баянды болды.* **Құт қонақтай.** *Құтты мейман тәрізді.* **Құт қоныс.** *Жайлы, берекесі мол мекен, тұрақ.* **Құт құйған қара сабадай.** бейн. *Құтты, берекелі, ырыздығы мол әрі кең, пейілі тарылмаған деген мағынада.* **Құты кетті.** *Жолы болмады, сәтсіздікке ұшырады.* **Құты қашты.** *Берекесі кетті, ұсқыны қашты, қорықты.* **Құты түсті.** а) *Мейірі түсті, шапағаты тиді, жарылқады.* ә) жерг. *Аңсары ауды, көңілі кетті.* **Құты шайқалды.** *Берекесі кетті, ынтымақ, бірліктен айырылды.*

**ҚҰТ**[2] зат. ауыс. *Тамақ, дәм.*

**ҚҰТ**[3] зат. *Қорқыныш, үрей.*

**Құтын алды [ұшырды].** *Берекесін кетірді, үрейін ұшырды.*

**ҚҰТ**[4]: **құт қара басы**. жерг. *Қу қара басы, жалғыз, жеке басы.*

**ҚҰТАЙ=** ет. *Тұрақтау, орнығу.*

**ҚҰТАЙТ=** ет. *Тұрақтату, орнықтыру.*

**ҚҰТАЙТУ** *Құтайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТАН**[1] зат. зоол. <лат. ardeidae> *Сазды, сулы жерлерді мекендейтін, сирағы мен тұмсығы ұзын құс.*

**ҚҰТАН**[2] зат. *Құл-құтан қос сөзінің екінші сыңары; малшы-жалшы, кедей-кепшік.*

**ҚҰТАС** зат. *Шашақ.*

**ҚҰТАЮ** *Құтай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТБ** [ар. قطب] зат. діни. *Сопылық дәреже сатысындағы ең жоғарғы «әулие», сопылық философияда «кемел адам» деген ұғым.*

**ҚҰТБА** [ар. خطبة] з а т . д і н и . *Намаз; ел билеуші адамды дәріптеп оқитын намаз.*

**ҚҰТБАНДЫ** с ы н . с ө й л . ***Құтпан.***

**ҚҰТ-БЕРЕКЕ** з а т . *Байлық, береке, ырыс, дәулет.*

**Құт-береке дарыды.** *Байлық бітті, берекесі кірді.* **Құт-береке көшті [кетті, қашты].** а) *Байлығы, береке-бірлігі кетті.* ә) *Зәресі ұшты, қорықты.*

**ҚҰТЕКЕЙ** з а т . *Құт қонған адам (жер).*

**ҚҰТҚАР=** е т . **1.** *Аман алып қалу, сақтау.* **2.** *Бір нәрседен айырып алу, арашалау.* **3.** *Босату, азат ету.*

**ҚҰТҚАРУ** *Құтқар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аман алып қалу, сақтау.* **2.** *Айырып алу, арашалау.*

**Құтқару боты.** *Ескекпен не мотормен жүретін, суға түскендерге көмек көрсететін, құтқаратын қайық.* **Құтқару күртешесі [жилеті].** *Су өтпейтін тығыз матадан тігілген екі қабатты жеңіл киім.*

**ҚҰТҚАРУШЫ** з а т . *Біреуді аман алып қалушы, қамқоршы.*

**Құтқарушы жарылыс**. ә с к . *Шабуылға ұшыраған немесе қирау қаупі бар ракетаның денотациясын іске асыратын жарылғыш жүйе.*

**ҚҰТҚАРЫЛ=** е т . *Аман алып қалыну, сақталу; босану.*

**ҚҰТҚАРЫЛУ** *Құтқарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТҚАРЫС=** е т . *Бірге құтқару, аман алып қалысу.*

**ҚҰТҚАРЫСУ** *Құтқарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТПА** [ар. خطبة] з а т . д і н и . *Мешітте ел билеуші адамды дәріптеп оқитын намаз.*

**ҚҰТПАН**[1] [ир. خفتن] з а т . д і н и . **1.** *Бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы; бесінші намаз.* **2.** *Құтпан намазы оқылатын мезгіл (түнгі сағат 10–11 аралығы).*

**ҚҰТПАН**[2] з а т . **1.** *Құт-береке, ырыс.* **2.** *Бақ; қасиет.*

**ҚҰТПАН**[3] з а т . *Аталық мал, малдың құты.*

**Құтпан айғыр.** *Құтты, байлық басы есептелетін, үйіріне жайлы, зиянсыз, зәбірсіз айғыр.* **Құтпан айғырдай азынады.** *Қорғаштап, маңайлатпады деген мағынада.*

**ҚҰТПАН**[4] з а т . *Сыйлы адам.*

**ҚҰТСЫЗ** с ы н . **1.** *Құты жоқ; берекесіз, нашар.* **2.** а у ы с . *Жолы ауыр; қырсық.*

**Құтсыз қоныс.** *Жайсыз, берекесіз мекен.*

**ҚҰТСЫЗДЫҚ** з а т . *Құты жоқтық; сәтсіздік.*

**ҚҰТТАБ** [ар. كتاب] з а т . к ө н е . д і н и . *Әліппе танытатын және Құран үйрететін бастауыш мектеп.*

**ҚҰТТЫ** с ы н . *Құт қонған, берекелі.*

**Құтты болды.** *Ырыс әкелді, ақжолтай болды, із-жолы жақсы болды, жақсы ырым болды.* **Құтты болсын!** т і л е к . *Жақсы іске айтылатын жақсылық қайырлы болсын деген мағынадағы сөз.* **Құтты болсын айтты.** *Қуанышқа, жақсылыққа тілек білдірді, ықыласын танытты.* **Құтты жеріне [орнына, қонысына] қондырды.** а) *Қызын ұзатты, күйеуге берді.* ә) э в ф. *Жерледі, жер қойнына берді.* **Құтты жерге [орнына] қонды.** *Күйеуге шықты, тұрмыс құрды.* **Құтты қонақ.** *Ақжолтай мейман.* **Құтты қонақ болды.** *Жолы жақсы болды, ақжолтай болды.* **Құтты қоныс етсін.** т і л е к . *Жаңа көшіп келген жері жайлы, ыңғайлы, берекелі болсын.* **Құтты мекен [қоныс].** *Бақыт орнаған тұрақ, жайлы мекен.*

**ҚҰТТЫҚТА=** е т . *Біреуге құтты болсын айту, жақсы тілегін білдіру.*

**ҚҰТТЫҚТАС=** е т . *Игі тілек білдірісу, қуанышына ортақ болу.*

**ҚҰТТЫҚТАСУ** *Құттықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТТЫҚТАУ**[1] з а т . с ө й л . *Құттықтаухат. // Құттықтау мәтіні жазылған.*

**ҚҰТТЫҚТАУ**[2] *Құттықта етістігінің қимыл атауы; ресми құттықтаухат жолдау.*

**ҚҰТТЫҚТАУХАТ** з а т . *Жазбаша түрде жолданған құттықтау, тілек.*

**ҚҰТТЫҚТАУШЫ** з а т . *Қуанышқа ортақ болушы, жақсы тілек білдіруші.*

**ҚҰТТЫЛЫҚ** з а т . *Құтты болушылық.*

**ҚҰТХАНА** з а т . **1.** *Өз үйі, мекені, тұрағы.* **2.** *Белгілі бір мамандық иелеріне мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін жеке жай.*

**ҚҰТЫ**[1] [ир. قوطی] з а т . **1.** *Тар мойынды зертханалық шыны ыдыс.* **2.** *Жауынгерлердің белбеуіне бекітілетін, жарты литрден көбірек сұйықтық сиятын, тығыз матадан қабы бар металл ыдыс; «фляга».* **3.** *Оқ-дәрі, шақпақ тас, т. б. салу үшін өңделген былғарыдан не түйенің табан терісінен, мүйізден, ағаш безінен арнайы жасалатын бүйірлі, әшекейлі зат.* **4.** с ө й л . *Бөтелке.*

**ҚҰТЫ: құты балық.** ж е р г . *Балықтың бір түрі.*

**ҚҰТЫДАЙ** с ы н . *Құты сияқты, кішкентай.*

**ҚҰТЫЛ=** е т . **1.** *Босану, арылу.* **2.** *Ұстатпай кету, сытылу.* **3.** а у ы с . *Азат болу, еркіндік алу.*

**ҚҰТЫЛА=** е т . *Құты-құтыға құю, бөліп салу.*

**ҚҰТЫЛАН=** е т . *Құтыға салыну.*

**ҚҰТЫЛАНУ** *Құтылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТЫЛАУ** *Құтыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТЫЛТ=** е т . **1.** *Ұстатпау, сытылту.* **2.** *Құтқарту, азат еттірту, босаттыру.*

**ҚҰТЫЛТУ** *Құтылт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТЫЛУ** *Құтыл етістігінің қимыл ата - уы.* **1.** *Арылу.* **2.** *Ұстатпай кету, сытылу.*

**ҚҰТЫЛЫ** с ы н . *Құтыға салынған, құтысы бар.*

**ҚҰТЫМСЫЗ: құтымсыз бие.** *Сүті аз, суыққа төзімсіз, құлыны нашар болып туатын бие.* **Құтымсыз бота.** *Енесін еміп қойып, тартынып жетекке жүрмейтін бота.*

**ҚҰТЫР=** е т . **1.** *Орталық нерв жүйелерінің бұзылуынан қауіпті жүйке ауруына ұшырау.* **2.** а у ы с . *Орынсыз желігу, еліру.* **3.** а у ы с . *Әлінен асу, қағыну.*

**Құтырған бурадай зіркілдеді.** *Қатуланды, қаһарланды, бұрқылдап ашуланды.* **Құтырған иттей.** *Жалаңдап, ентелеп.* **Құтырған иттің құлағын жедің бе?** с ө й л . *Ерсі, сөлекет мінез көрсеткен кісіге есің дұрыс па деген мағынада айтылады.* **Құтырған қан**. к ә с . *Малдың көтерілген қан қысымы, қан тасу.* **Құтырған қасқырдай.** *Жанын жеді, арпалысты.* **Құтырған қасқыр тигендей болды.** *Жын тигендей дүрлікті.*

**ҚҰТЫРТ=** е т . **1.** *Жүйке ауруына ұшырату, жындандыру.* **2.** а у ы с . *Желіктіру, еліртү, есірту.*

**ҚҰТЫРТУ** *Құтырт етістігінің қимыл атауы; жүйке ауруына ұшырату.*

**ҚҰТЫРУ** *Құтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** м е д . <лат. rabies> *Жүйке ауруына ұшырау, жындану.* **2.** а у ы с . *Желігу, елігу.*

**ҚҰТЫРУШЫ** з а т . *Желігуші, қағынушы.*

**ҚҰТЫРШАҚ** с ы н . *Желіккен, елірген.*

**ҚҰТЫРЫҚ** с ы н . **1.** *Құтырып кеткен; жынды (адам).* **2.** а у ы с . *Ерке, шолжаң, тентек; надан.* **3.** *Жағымсыз, теріс.*

**ҚҰТЫРЫН=** е т . *Ыршып секіру, қолды-аяққа тұрмау, өршелену.*

**ҚҰТЫРЫНУ** *Құтырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰТЫША** з а т . *Кішкентай құты.*

**ҚҰТЫШАҚ** з а т . ж е р г . *Қатық, май салатын шұңғыл ыдыс.*

**ҚҰТЫШЫҚ** з а т . *Іші бүйірлі, кішкене аузы бар, түрлі дәрі-дәрмектер салынатын кішкене шыны ыдыс.*

**ҚҰШ=** е т . **1.** *Құшақ аясына алу, құшақтау.* **2.** а у ы с . *Жар ету, сүю, үйлену.*

**ҚҰШ: құш көңіл**. *Көңілді, жайдары.*

**ҚҰША** з а т . *Алғыс, ризашылық.*

**ҚҰШАҚ** з а т . **1.** *Екі қолдың ішкі жағын қамтитын адамның алдыңғы иіні, қойын.* **2.** а у ы с . *Мейірім, шапағат.* **3.** а у ы с . *Бір нәрсенің ырқы, ықпалы, шырмауы.*

**Құшағына алды**. *Аясына алды, сыйғызды.* **Құшағына енді.** *Құшақтасып, аймаласты, құшаққа алды.* **Құшағына кірді.** *Бауырына, қойнына енді.* **Құшағына сыйғандай.** б е й н . *Үлкен, кең, ауқымды.* **Құшағына тартты.** *Өзіне жақын тұтты.* **Құшағын ашты [жайып қарсы алды].** *Шын ықыласы түсіп, кең пейілмен қарсы алды.* **Құшағын жазбады.** *Айырылмады; тату-тәтті, бірге болды.* **Құшақ зекет.** *Әкімдердің мансабын сыйлап берілетін параның түрі.* **Құшақ жазды.** *Қаусырған екі қолын босатты.* **Құшақ [құлаш] жаздырмады.** *Алаңсыз ақ көңілмен қабылдауға жібермей тұрды, қырсығы т.б. жағымсыз күйі жылы сезімін тежеді.* **Құшақ жазысты.** *Шын ықыласы түсіп, кең пейілмен қарсы алды.* **Құшақ жайды.** а) *Қуана қарсы алды.* ә) п о э т . *Кең ашылды, жатсынбай шақырып, бауыр тартты.* в) п о э т . *Өзіне құмартты, армандатты, аңсатты.* **Құшақ жайып, қарсы алды**. *Жылы қабылдады, сыйлады, құрметтеді.* **Құшаққа алды.** а) *Құшақтады, қапсыра қысты.* ә) *Қамқорлық көрсетті, мейірбандылық танытты.*

**ҚҰШАҚ-ҚҰШАҚ** с ы н . *Бірнеше құшақ; көп.*

**Құшақ-құшақ гүл.** *Көп гүл.*

**ҚҰШАҚТА=** е т . **1.** *Құшағына алу, қапсыра қысу.* **2.** э к с п р . *Қолға алу, өзімен бірге алып жүру; қолынан тастамау.*

**Құшақтай алды.** *Қос қолымен қапсыра кетті, құшақтай кетті.*

**ҚҰШАҚТАС=** е т . **1.** *Бір-бірін құшақтау, қапсырып қысысу.* **2.** а у ы с . *Қолға алу, үйір болу.*

**Құшақтасып көрісті**. *Зар болды, зар боп табысты.*

**ҚҰШАҚТАСТЫР=** е т . *Құшақтату, құшағына алдырысу.*

**ҚҰШАҚТАСТЫРУ** *Құшақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШАҚТАСУ** *Құшақтас етістігінің қимыл атауы; бір-бірін құшақтау.*

**ҚҰШАҚТАТ=** е т . *Құшағына алдыру.*

**ҚҰШАҚТАТҚЫЗ=** е т . *Құшақтат- тыру, құшағына қысқызу.*

**ҚҰШАҚТАТҚЫЗУ** *Құшақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШАҚТАТУ** *Құшақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШАҚТАУ** *Құшақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШАТ: саудаңыз құшат болсын**. к ө н е . т і л е к . *Саудаңыз жүріп, пайдаңыз шаш етектен болсын деген мағынада.*

**ҚҰШБЕГІ** з а т . к ө н е . *Белгілі бір аймаққа (қалаға) билік жүргізушінің лауазымы.*

**ҚҰШНАШ** з а т . к ө н е . *Ем-дом жасаушы; тәуіп.*

**ҚҰШНЫР** [ир. خوش‌نور] з а т . ж е р г . *Балшы, құшнаш, бақсы, балгер.*

**ҚҰШТАР** [ир. خوشتر] с ы н . *Бір нәрсеге құмар, ынтық; әуес.*

**Құштар болды.** *Аңсары ауды, құмартты, құмарланды, ынтықты, қызықты.*

**ҚҰШТАРЛАН=** е т . *Құмарту, қызығу, ынтығу.*

**ҚҰШТАРЛАНДЫР=** е т . *Қызықтыру, ынтықтыру.*

**ҚҰШТАРЛАНДЫРУ** *Құштарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШТАРЛАНУ** *Құштарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШТАРЛЫ** с ы н . *Іңкәр, ынтық, ғашық.*

**ҚҰШТАРЛЫҚ** з а т . **1.** *Құмарлық, ынтықтық, іңкәрлік.* **2.** *Қызығушылық, әуестік.*

**ҚҰШТАРЛЫҚСЫЗ** с ы н . *Қызығу жоқ; шабытсыз, көңілсіз.*

**ҚҰШТЫР=** е т . *Құшақтату; аймалату.*

**ҚҰШТЫРТ=** е т . *Құшақтаттыру, аймалаттыру.*

**ҚҰШТЫРТУ** *Құштырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШТЫРУ** *Құштыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШУ** *Құш етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШУАҚ: көңілі құшуақ болды**. жерг. *Көңілі риза болды.*

**ҚҰШХАНА** зат. *Мал соятын жер.*

**ҚҰШЫН=** ет. көне. *Емделу, қаралу.*

**ҚҰШЫП-СҮЙ=** ет. *Құшақтап аймалау.*

**ҚҰШЫР**[1] [ар. عشر] зат. діни. *Жан басынан алынатын астық салығы; ұшыр.*

**ҚҰШЫР**[2]: **құшыры қанды [тарқады]**. *Айызы қанды, құмары басылды.* **Құшырына жолықты [ұшырады].** *Қаһарына шалынды, обалы жібермеді.* **Құшырын төкті**. *Ақтарыла, таусыла айтты.*

**ҚҰШЫР**[3] зат. көне. *Ем, ем-дом.*

**ҚҰШЫР-ЗЕКЕТ** зат. *Әртүрлі алым-салық.*

**ҚҰШЫРЛАН=** ет. **1.** *Құмарлану, айызын қандыру.* **2.** ауыс. *Жігерлену, қайраттану, өршелену.*

**ҚҰШЫРЛАНДЫР=** ет. *Жігерлендіру, қайраттандыру.*

**ҚҰШЫРЛАНДЫРУ** *Құшырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰШЫРЛАНУ** *Құшырлан етістігінің қимыл атауы; құмарлану.*

**ҚҰШЫРЛЫ** сын. *Өршіген, өршеленген; қарқынды.*

**ҚҰШЫС=** ет. **1.** *Құшақтасысу.* **2.** *Ұштасу.*

**ҚҰШЫСУ** *Құшыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚҰЮ** *Құй етістігінің қимыл атауы; сұйықтықты бір нәрсеге төгу, бір заттың ішіне қотару.*

**Құю пункті**. әск. *Әскери техникаға отын (жанармай) және май құюға арналған орын.*

**ҚҰЮЛЫ** сын. *Ыдысқа құйылған; құйылулы.*

**ҚҰЮСЫЗ** сын. *Құйылмай қалған.*

**ҚҰЮШЫ** зат. *Әртүрлі сұйықтықтарды ыдысқа құйып беруші адам.*

**ҚҰЯ** зат. көне. *Судың терең жері; иірімді жері.*

**Құя беріс.** *Өзеннің басқа бір суға құйылар, қосылар жері.*

**ҚҰЯҚ** зат. *Қаптан тігілген сырт киім.*

**ҚҰЯҢ** зат. мед. <лат. radicula> *Жұлын, нерв талшықтарының зақымдануынан болатын бел ауруы.*

**ҚҰЯҢДЫ** сын. *Құяңы бар, құяңмен ауыратын.*

**ҚҰЯҢҚЫ** зат. жерг. *Сүтсіз мал.*

**ҚҰЯРЛЫҚ** зат. *Өзен-сулардың көлге, мұхитқа құятын жері; құйған.*

**ҚҰЯШ** зат. *Күн сәулесі; күншуақ, күнес.*

**ҚЫБЫ**: **қыбы келді**. *Жөні келді, орайы, реті келді.* **Қыбы қанды**. *Жаны жай тауып, риза болды, айызы қанды, рақаттанды.* **Қыбына кіріп шықпады.** *Елең қылмады, алаң болмады.* **Қыбын тапты.** *Көңілдегісін білді, ойлаған жерінен шықты.*

**ҚЫБЫҒУ**[1] зат. кәс. *Тері бояйтын бояу түрі.*

**ҚЫБЫҒУ**[2] *Қыбық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫЖЫҚ**: **қыбыжық қақты**. *Қыбыжықтады, қипақтады.*

**ҚЫБЫЖЫҚТА=** ет. *Бір нәрсені батып айта алмай қуйбеңдеу, жасқаншақтау.*

**ҚЫБЫЖЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Қуыстаныңқырау, қипақтаңқырау.*

**ҚЫБЫЖЫҚТАУ** *Қыбыжықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫЖЫҢДА=** ет. сөйл. ***Қыбыжықта.***

**ҚЫБЫЖЫҢДАУ** *Қыбыжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫҚ=** ет. *Өңдеу үшін емен, қарағай, тал, мойыл т.б. ағаштардың жапырағы мен қабығынан алынған қоймалжыңға аң терісінің (қоян, түлкі, бұлғын т.б.) қайнатылуы, қаныгуы.*

**ҚЫБЫҚТЫР=** ет. *Аң терісін өңдеу үшін ағаштардың жапырағы мен қабығынан алынған қоймалжыңға салып қайнату, қанықтыру.*

**ҚЫБЫҚТЫРУ** *Қыбықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫЛА** зат. діни. сөйл. ***Құбыла.***

**ҚЫБЫЛАГЕР** зат. көне. діни. *Намазын қаза қылмайтын, хақ жолын ұстанған адам.*

**ҚЫБЫЛАГӨЙ** зат. *Діндар, бес уақыт намазын қаза жібермеуші.*

**ҚЫБЫЛНАМА** зат. *Бағдаршы, жөнсіл теуші.*

**ҚЫБЫЛНАМАДАЙ** зат. *Қыбылнама сияқты, қыбылнама тәрізді.*

**ҚЫБЫР** зат. *Қимыл, әрекет, қозғалыс.*

**Қыбыр еткен жан жоқ**. *Ешкім жоқ, тырс еткен пенде жоқ.* **Қыбыр еткен қимыл.** *Көзге ілігер қыбыр еткен қозғалыс.* **Қыбыр етпеді.** а) *Қозғалмады, тапжылмай қалды.* ә) *Ешқандай әрекет жасамады.* **Қыбыр етті [еткізді].** *Қимылдады, қозғалды.*

**ҚЫБЫРЖУ** *Қыбыржы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫРЖЫ=** ет. *Қипыңдау, қыбырлау.*

**ҚЫБЫР-ЖЫБЫР** зат. *Қимыл-әрекет, қозғалыс.*

**ҚЫБЫРЛА=** ет. **1.** *Қимылдау, қозғалу.* **2.** ауыс. *Жұмыс істеу; әрекеттену.*

**ҚЫБЫРЛАС=** ет. *Қозғалысу, қимылдасу.*

**ҚЫБЫРЛАСУ** *Қыбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫРЛАТ=** ет. *Қозғалту; жыбырлату.*

**ҚЫБЫРЛАТУ** *Қыбырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫБЫРЛАУ** *Қыбырла етістігінің қимыл атауы; қимылдау.*

**ҚЫБЫР-СЫБЫР** зат. *Уақ-түйек сөз; өсек-аяң.*

**ҚЫБЫРСЫЗ** сын. *Қимылсыз, қозғалыс - сыз.*

**ҚЫДИ=** ет. эмоц. *Қақию, қаздию.*

**ҚЫДИЫП-ҚЫДИЫП** үст. *Шікірейіп; сәнденіп.*

**ҚЫДИЮ** *Қыди етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫДЫҢДА=** ет. **1.** *Қыдың-қыдың ету.* **2.** *Қыр көрсету, қоқаңдау.*

**ҚЫДЫҢДАТ=** ет. **1.** *Қыдың-қыдың еткізіп жүру, қитың қақтыру.* **2.** *Қыр көрсеттіру, қоқаңдату.*

**ҚЫДЫҢДАТУ** *Қыдыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫДЫҢДАУ** *Қыдыңда етістігінің қимыл атауы; қыр көрсету.*

**ҚЫДЫР** [ар. خضر] зат. діни. *Ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші [Түркі халықтары мифологиясында ислам дініне дейін және одан кейінгі кезеңде де болған екі діни-фольклорлық дәстүрді қамтитын мифтік бейне].*

**Қыдыр баба.** миф. *Құт, бақыт әкелуші әулие, қолдаушы аруақ, демеуші әулие.* **Қыдыр дарыды [орнады, қонды]**. *Ниет, бата қабыл болды, дәулеті судай тасыды, бақ қонды, ырысы артты.* **Қыдыр қонған.** миф. *Қыдыр дарыған, бақ қонған, берекелі.* **Қыдыр шалды.** діни. *Құдай оңдады, жарылқады, бақытты болды.*

**ҚЫДЫР=** ет. **1.** *Біреудің үйіне бару, шақырмай-ақ не шақырумен барып қонақ болу.* **2.** *Бір нәрсені аралап көру, қызықтау.* **3.** *Бой жазу, серуендеу.* **4.** ауыс. *Шарлау, шарықтау, кезу.* **5.** ауыс. *Біреумен көңіл қосу, жасырын жүру.*

**Қыдырған шаңырақ көздену**. жерг. *Көзі шадыраю, ақшию.*

**ҚЫДЫРА: қыдыра бота**. жерг. *Жүні кудірейіп тұратын, күтімі нашар, сүйегі жетілмеген, мезгілсіз туған бота.* **Қыдыра жалды қыл құйрық.** экспр. *Ат, жылқы деген мағынада.*

**ҚЫДЫРҒЫШ** сын. *Үйді-үйге қыдыра бергіш.*

**ҚЫДЫРҒЫШТА=** ет. *Қыдыра бергіштеу, көп қыдыру.*

**ҚЫДЫРҒЫШТАУ**[1] сын. *Көп қыдыра беретін, әр жерде бір жүретін.*

**ҚЫДЫРҒЫШТАУ**[2] *Қыдырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫДЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Ауыл аралағыштық, кезгіштік.*

**ҚЫДЫРЛЫ** сын. **1.** *Қыдыры бар, қыдыр дарыған; әулиелі.* **2.** *Бақ қонған, ісі ілгері басқан.*

**ҚЫДЫРМА** сын. **1.** *Қыдырымпаз, қыдырғыш. // Ауыл-үй арасында шақырусыз қыдырып жүретін адам.* **2.** ауыс. *Жөңкіліп көшіп жүрген; тұрақсыз.*

**Қыдырма қарас**. *Көзі тура қарамай ойнақшып тұратын, бір нәрсеге тұрақтап көз тоқтатпайтын.*

**ҚЫДЫРМАҚ** зат. *Қыдырымпаз, қыдырмашы.*

**ҚЫДЫРМАШЫ** зат. сөйл. ***Қыдырымпаз.***

**ҚЫДЫРТ=** ет. **1.** *Аралату, көрсету.* **2.** ауыс. *Оймен шарлау, кезу.*

**ҚЫДЫРТҚЫЗ=** ет. *Аралатқызу, серуендеткізу.*

**ҚЫДЫРТҚЫЗУ** *Қыдыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫДЫРТТЫР=** ет. *Аралаттыру, серуендеттіру.*

**ҚЫДЫРТТЫРУ** *Қыдырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫДЫРТУ** *Қыдырт етістігінің қимыл атауы; аралату, серуендету.*

**ҚЫДЫРТУШЫ** зат. *Барған жерінің жай-жапсарын білмейтін адамдарды аралатушы, ертіп жүруші.*

**ҚЫДЫРУ** *Қыдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біреудің үйіне бару, шақырмай-ақ не шақырумен барып қонақ болу.* **2.** *Бір нәрсені аралап көру, қызықтау.* **3.** ауыс. *Біреумен көңіл қосу.*

**ҚЫДЫРУШЫ** зат. *Ауыл-үй арасында қыдырып жүретін адам, қыдырмашы.*

**ҚЫДЫРЫМПАЗ** зат. **1.** *Орынды-орынсыз қыдыра беретін адам, кезбе.* **2.** ауыс. *Жұмыс бабымен көп жүретін, ел аралағыш.* **3.** ауыс. *Қыз-келіншекке көп барғыш, жүрімпаз.*

**ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ** сын. *Ауыл-үй аралағыштық, қыдырғыштық, кезгіштік.*

**ҚЫДЫРЫНДЫ** сын. сөйл. *Қыдырғыш, қыдырымпаз.*

**ҚЫДЫРЫС** зат. *Қыдыруға шыққандық, қыдырғандық.*

**Қыдырыс жасады**. жерг. *Қыдырды, аралады.*

**ҚЫДЫРЫСТА=** ет. **1.** *Бір жерлерге арнайы бару, қыдыру.* **2.** *Бой жазу, серуендеу.* **3.** ауыс. *Шарлау, кезу.*

**ҚЫДЫРЫСТАУ** *Қыдырыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖАЛ** зат. *Өкпе, реніш.*

**ҚЫЖАЛАТ** зат. *Мұқтаж, зәру.*

**Қыжалат болды**. жерг. *Зәру болды.* **Қыжалат тартты [көрді]**. *Тапшылық көрді, тарықты.*

**ҚЫЖАЛДАН=** ет. жерг. *Ашу кернеу, кіжіну; қаны қайнау.*

**ҚЫЖАЛДАНУ** *Қыжалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖ-ҚЫЖ: қыж-қыж қайнады.** *Өте жылы болды, ысып кетті; қыз-қыз қайнады.*

**ҚЫЖЫЛ**[1] зат. **1**. *Қыж-қыж еткен дыбыс, ұн.* **2.** мед. *Асқазанның тырнап ауруы, қарын қышқылының артуы.*

**ҚЫЖЫЛ**[2] зат. **1.** *Көңіл кірі, реніш, кірбің.* **2.** *Ашу, ыза; қыжыр.*

**Қыжылы бар.** *Өші, кегі бар.* **Қыжылы түсті [келді].** *Ашуы келді, ызаланды.*

**ҚЫЖЫЛДА**[1]**=** ет. **1.** *Қыж-қыж еткен дыбыс шығару.* **2.** *Жүрегі, кеудесі тырнап ауыру, аузынан қара су ағу.*

**ҚЫЖЫЛДА**[2]**=** ет. **1.** *Кеудеге сыймау, сыздау, кернеу.* **2.** *Ашулану, ызалану; қаны қайнау.*

**ҚЫЖЫЛДАҚ** зат. жерг. *Ұнның майын көбірек қуырып жасалатын тамақ түрі.*

**ҚЫЖЫЛДАН=** ет. *Ызалану, ашулану.*

**ҚЫЖЫЛДАТ=** ет. *Асқазанды тырнап ауырту.*

**ҚЫЖЫЛДАТУ** *Қыжылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫЛДАУ** *Қыжылда етістігінің қимыл атауы; асқазан ауруы.*

**ҚЫЖЫЛДЫ** с ы н. *Қыжылы бар, кекті.*

**ҚЫЖЫЛ-КЕК** з а т. *Ашу-ыза, кек.*

**Қыжыл-кегі бар.** *Қыжылы бар.*

**ҚЫЖЫМ** з а т. **1.** *Сапалы жүннен тоқылған түкті мата; пүліш.* **2.** *Қатпар.*

**Қыжым кебіс.** *Пүлішпен тысталған жеңіл аяқкиім.* **Қыжым көрпе.** *Қыжымнан сәндеп тіккен, жамылатын көрпе.* **Қыжым орамал**. ж е р г. а) *Шашақты орамал, бөртпе орамал.* ә) *Тоқылған сияқты бұжыр-бұжыр болып келетін ұзын шашақты жібек орамал.*

**ҚЫЖЫНДА=** е т. с ө й л. ***Кіжінде.***

**ҚЫЖЫНДАУ** *Қыжында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫР**[1] з а т. ж е р г. **1.** ***Қыжыл** (кірбің).* **2.** *Ыза, ашу.*

**Қыжыры қайнады.** *Ашуы келді, ыза кернеді.*

**ҚЫЖЫР**[2] з а т. *Терідегі қатпар-қатпар қыртыс, қышыр.*

**ҚЫЖЫР=** е т. *Кекетіп-мұқату.*

**ҚЫЖЫРА** [ар. هجرة] з а т. *Ескіше жыл санау жүйесі.*

**ҚЫЖЫРАЙ=** е т. **1.** *Қисықтық көрсету, қыңыраю.* **2.** с ө й л. *Мыжыраю, мыж-мыж болу.*

**ҚЫЖЫРАЙТ=** е т. *Мыжырайту.*

**ҚЫЖЫРАЙТУ** *Қыжырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРАЮ** *Қыжырай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРЛАН=** е т. с ө й л. *Ызалану, кектену.*

**ҚЫЖЫРЛАНУ** *Қыжырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРЛАТ=** е т. *Қыжырту, мұқату; ұрсу.*

**ҚЫЖЫРЛАТУ** *Қыжырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРТ=** е т. ж е р г. *Мұқату, кекету, кеміту.*

**ҚЫЖЫРТТА=** е т. *Қыжырту.*

**ҚЫЖЫРТТАУ** *Қыжыртта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРТПА** с ы н. ж е р г. *Қағытпа, кекесін (сөз т.б.).*

**ҚЫЖЫРТУ** *Қыжырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЖЫРЫН=** е т. ж е р г. *Ренжу, қиналу; тыжырыну.*

**ҚЫЖЫРЫНУ** *Қыжырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗ**[1] з а т. **1.** *Әйел бала, ұрғашы жынысты сәби.* **2.** *Күйеуге тимеген бойжеткен.* **3.** э к с п р. *Жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, алғалы жүрген қалыңдығы.*

**Қыз айттырды**. э т н. *Қызға құда түсті, сөйлесті.* **Қыз алары**. э т н. *Жеке, арнаулы сыбаға [Әдетте, үйленбеген жігітке той-томалақта тартар сый аяқ].* **Қыз алды.** *Қызға үйленді, әйелдікке алды.* **Қыз алып қашты**. э т н. *Бойжеткен қызды әке-шешесінің келісімінсіз алып кетті, әйелдікке алды.* **Қыз алысып, қыз берісті**. *Құда-құдандалы болды, бір-біріне қыз берді.* **Қыз аңдыды.** *Қызға көңілі ауды, қызға құмар болды, қыз іздеді.* **Қыз асық**. ж е р г. *Тобық.* **Қыз аулады.** *Қызбен танысып, көңіл көтергісі келді.* **Қыз бақай**. *Жылқының артқы аяғы, сирағы.* **Қыз бала**. *Кішкентай қыз; баланың қыз екенін білдіруде, сыпайылап жеткізуде айтылатын атауыш сөз.* **Қыз балтырлы.** *Қыздың аяғындай.* **Қыз бен жігіт айтысы.** ф о л ь к. *Жас қыз-келіншектер мен бозбала, жігіттер арасында болатын, әзіл-қалжыңға құрылатын суырыпсалма ақындар айтысының түрі.* **Қыз берді**. э т н. *Жол-жоралғысымен қызды құтты орнына қондырды, ұзатты.* **Қызға қырық үйден тыю.** э т н. *Қызды жөнсіз ешқайда шығармау туралы айтылады.* **Қызда қырық есекке жүк болатын айла бар.** *Қыз айлалы, қу, қылығы, назы көп деген мағынада.* **Қыз дала.** п о э т. *Сұлу, әсем, көрікті жер деген мағынада.* **Қыздан туғандай [қыздың баласындай]**. *Өте сүйкімді, бір міні жоқ.* **Қыздан туған қиықсыз [қыздан туғанда қиық жоқ]**. *Жат емес, туыс.* **Қыздарын күң, ұлын құл қылды.** *Жау бейбіт халықты басып-жаныштты, ұл-қыздарын құлдықта ұстады.* **Қыздың жиған [жинаған] жүгіндей**. *Қыз қолынан шыққандай, өте әдемі, жинақы.* **Қыздың жолы жіңішке.** э т н. *Әйел заты еркектің істегенін істей бермейді, мүмкіндігі шектеулі деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Қыздың дүниесі [жүгі].** э т н. *Ұзатылған қыздың жасауы.* **Қыздың қарғы бауы.** *Қызға берілетін қалыңмалдың түрі.* **Қыздың тіккен кестесіндей.** *Әдемі, әсем.* **Қыз екеш қыздар да**. *Қыздардың өзі де, әйел бала болса да.* **Қыз емшек.** *Шошақ, тіптік, шоқиған.* **Қыз емшекті**. *Сүйірлене көрінді, сүйкімді, көрікті деген мағынада.* **Қыз жасауы.** э т н. *Ұзатылатын қызға арналған дүние-мүлік.* **Қыз жиын**. ж е р г. э т н. *Қыз аттанар кезде аулында құрбыларын жинап жасайтын кеш, той.* **Қыз ибасы.** э т н. *Қызды алуға барғанда күйеу жігіт тарапынан берілетін кәде.* **Қыз кестесі шұлғау болды.** п о э т. *Жаугершілік, аласапыран заман туралы.* **Қыз көрді [қарады]**. э т н. *Ауыл-ел аралап, қалыңдық іздеді, таңдады.* **Қыз көрімдік**. ж е р г. *Құданың айттырғалы отырған қызын көргенде беретін көрімдігі.* **Қыз көші.** *Ұзатылып бара жатқан қыздың жасау-жабдықты, салтанатты көші [Мұндай көш өз аулының шетінен шыққанша осылай аталады. Қыз көші өз аулының шетіне шыққан соң «келіншек көші» деп аталады].* **Қыз күні.** *Күйеуге тимеген кезі, жас шағы.* **Қыз қамшы**. ж е р г. *Сабы жіңішке, ұш тал тобылғыны былғарымен қосақтап өріп, ұстайтын жерін алтын-күміспен әшекейлеген қамшы түрі.* **Қыз мүсін.** п о э т. *Сұлу қыздай нәзік те сымбатты.* **Қыз мінезді.** *Мінезі жайлы, сыпайы, сызылып тұратын жас бала, жігіт туралы айтылады.* **Қыз мінезділік.** *Мінезі жайдарылық, биязылық.* **Қыз оятты.** э т н. *Қызға сөз айтты, сөз салды; түн ішінде қыдырды, жігітшілік істеді.* **Қыз саумалдық.** ө с. *Саумалдықтың бір түрі.* **Қыз – сөнбес шырақ.** э т н. *Қыз бала қашаннан да қажетінде қасынан табылатын тілекші деген мағынада.* **Қыз табақ.** э т н. *Жылқы, сиыр, қой еттерінен құйымшақ, тоқпан жілік, беломыртқа, құйрық, қабырға салынып, қыздарға арналған сыйтабақ.* **Қыз танысу**. э т н. *Ұзатылатын қыздың тойы қарсаңында ел-жұртымен, туған-туыстарымен қоштасу салты.* **Қыз тырқыл.** *Ырду-дырду, бос жүріске салынушылық, той мен бос күлкі қуушылық.* **Қыз тілік**. ж е р г. *Жеуге ыңғайлы етіп жұқа тілінген тілік (қауын, қарбыз т.б.).* **Қыз ұзатты.** э т н. *Қызды айттырған жерге той жасап, ұзатып салды, күйеуге берді.* **Қыз ұзату.** э т н. *Құда түсіліп, сырға салынған қызды ұзататын күні ата-анасының үйінде болатын жиын-той, ертеден қалыптасқан салт-дәстүр.* **Қыз ұзату тойы.** э т н. *Бойжеткен қызды күйеуге берерде ата-анасы, төркін жұрты жасайтын шығарып салу құрметіне арналған салтанатты жиын.* **Қызы қияға қонды.** *Тұрмыс құрды, отбасылы болды.* **Қызын сатты.** *Қызын ақша, зат, байлық үшін күйеуге берді.* **Қызын шығарды.** *Қызын күйеуіне ажырастырды, айырып алды.*

**ҚЫЗ=** е т. **1.** *Жылыну, ысу.* **2.** *Адам денесінің ыстығы көтерілу, еті қызып ауыру.* **3.** *Ішімдік ішіп масаю.* **4.** а у ы с. *Өрекпу, өршелену, көтеріліп кету.* **5.** а у ы с. *Үдей түсу, қарқындау.* **6.** а у ы с. *Жылу әсерінен бүліну, көгеру, иістену.*

**ҚЫЗА-ҚЫЗА** ү с т. *Қыза келіп; өрши-өрши, үдей-үдей.*

**ҚЫЗАЛАҚ** з а т. ж е р г. ***Қыз.***

**ҚЫЗАМЫҚ**[1] з а т. м е д. <лат. rubeola> *Денесіне қызарып бөрткен шығып ауыратын, жұқпалы балалар ауруы.*

**ҚЫЗАМЫҚ**[2] з а т. б о т. <лат. vitis idaea> *Дөңгелек қызыл қоңыр жемісі бар, көпжылдық бұта.*

**ҚЫЗАМЫҚТАН=** е т. **1.** *Қызарып бөрту, қызарған шығу.* **2.** а у ы с. *Қызғылт түске ену, қызару.*

**ҚЫЗАМЫҚТАНУ** *Қызамықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАМЫҚТАУ** с ы н. *Қызылдау, қызғылт.*

**ҚЫЗАН** з а т. ө с. с ө й л. **1.** ***Қызанақ.*** **2.** *Қызанақ жемісі.*

**ҚЫЗАНАҚ** з а т. ө с. <лат. lycopersion> **1.** *Алқа тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік, бақша өсімдігі.* **2.** *Осы өсімдіктің қызыл түсті жемісі.*

**ҚЫЗАНАҚСЫ=** е т. *Қызару, қызғылттану.*

**ҚЫЗАР=** е т. **1.** *Қызыл түске ену, қызыл тарту.* **2.** *Қаны бетке тебу, жүзінде қан ойнау.* **3.** а у ы с. *Қысылу, ұялу, ыңғайсыздану.*

**Қызара бөртті.** *Тамаққа тойып, қымыз, ыстық шайға қанып, екі беті албырап, жайдары-жарқын күйге енді, көңілі хош болды, қаны бетіне шықты; көңілденді; құлпырды.* **Қызара бөртісті.** *Тамаққа тойып, екі беті албырап, көңілдері қош болысты.*

**ҚЫЗАРАҚТА=** е т. **1.** *Ашулану, шамдану, намыстану.* **2.** *Ұялып қызару.*

**ҚЫЗАРАҚТАС=** е т. *Шамданысу, ашуланысу.*

**ҚЫЗАРАҚТАСУ** *Қызарақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРАҚТАТ=** е т. *Шыр-пыр қылу, қызарту.*

**ҚЫЗАРАҚТАТУ** *Қызарақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРАҚТАУ** *Қызарақта етістігінің қимыл атауы; ұялу, ыңғайсыздану.*

**ҚЫЗАРАҢДА=** е т. *Қызарақтау.*

**ҚЫЗАРАҢДАС=** е т. *Қызарақтасу, шамданысу.*

**ҚЫЗАРАҢДАСУ** *Қызараңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРАҢДАТ=** е т. *Қызарақтату, ұялту.*

**ҚЫЗАРАҢДАТУ** *Қызараңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРАҢ-ҚЫЗАРАҢ**: **қызараң-қызараң етті**. *Қызарақтап ашуланды, булықты.*

**ҚЫЗАРҒАН** с ы н. *Қызыл тартқан, қызылдау.*

**ҚЫЗАРТ=** е т. **1.** *Қып-қызыл етіп жіберу.* **2.** а у ы с. *Қызараңдату, ұялту.*

**ҚЫЗАРТҚЫЗ=** е т. **1.** *Қызыл түске енгізу.* **2.** *Қызараңдаттыру.*

**ҚЫЗАРТҚЫЗУ** *Қызартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРТТЫР=** е т. **1.** *Қызартқызу.* **2.** а у ы с. *Қызарақтаттыру, ұялттыру.*

**ҚЫЗАРТТЫРУ** *Қызарттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРТУ** *Қызарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қып-қызыл ету.* **2.** *Ұялту.*

**ҚЫЗАРТЫҢҚЫРА=** е т. *Аздап қызарта түсу, қызылдау ету.*

**ҚЫЗАРТЫҢҚЫРАУ** *Қызартыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРУ** *Қызар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аздап қызыл жүгіру.* **2.** а у ы с. *Қызулану, қызыл өңеш болу.*

**ҚЫЗАРЫҢҚЫ** с ы н. *Аздап қызарған.*

**ҚЫЗАРЫҢҚЫРА=** е т. **1.** *Аздап қызару, қызара түсу, сәл қызару.* **2.** *Ұялыңқырау.*

**ҚЫЗАРЫҢҚЫРАУ** *Қызарыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАРЫС=** е т. **1.** *Бірдей қызару.* **2.** *Қызарақтасу, ашуланысу.*

**ҚЫЗАРЫСУ** *Қызарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗАУ** з а т. *Диірмен тасының бетіне шекіген сызаттар.*

**ҚЫЗБА**[1] з а т. м е д. *Қан қысымының артуы не кемуінен болатын ауру.*

**Қызба ауру**. к ә с. *Малдың құтырып, еліріп, өзін-өзі билей алмайтын күйге ұшырауы.*

**ҚЫЗБА**[2] с ы н. *Қызу қанды, көтеріліп кететін; ұстамсыз.*

**Қызба бас**. *Желөкпе, албырт.* **Қызба қанды**. *Қызып кететін, қызу қанды.* **Қызба қандылық**. *Қызып кетушілік, көтерілушілік.* **Қызба мінезді**. *Мінезі ұстамсыз, тез ашуланғыш, қызуқанды, албырт.*

**ҚЫЗБАЛАН=** ет. *Қызып кету, өршелену, өрекпу.*

**ҚЫЗБАЛАНУ** *Қызбалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗБАЛАНЫҢҚЫРА=** ет. *Қызбалана түсіңкіреу, өршеленіңкіреу.*

**ҚЫЗБАЛАУ** сын. *Қызба қандылау, ұрыншақтау; ұстамсыздау.*

**ҚЫЗБАЛЫ** сын. *Қызба мінезді.*

**ҚЫЗБАЛЫҚ** зат. *Қызып кетушілік, ұстамсыздық.*

**Қызбалық етті [жасады, көрсетті]**. *Сабырсыздық жасады, ұстамсыздық танытты.* **Қызбалыққа салынды**. *Ашуға бой ұрды, өрекпіп кетті.*

**ҚЫЗБАЛЫҚТЫ** сын. *Албырт, қызба.*

**ҚЫЗБӨРІ** зат. ойын. *Жаз күндерінде, ел орынға отыра қыз-бозбала жиналып ойнайтын ойын, серек құлақ.*

**ҚЫЗҒАЛДАҚ** зат. өс. <лат. tulipa> *Жазғытұрым кезінде шешек ататын жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі.*

**Қызғалдақ атты**. *Жайқалып желкілдеді, құлпыра гүл шашты.* **Қызғалдақ қалып**. *Қызғалдақ бейнесін түсіруге арналған қалып.* **Қызғалдақ майы.** *Қызғалдақтан алынатын май.*

**ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ** сын. *Желкілдеп құлпырған, гүл-гүл жайнаған, әдемі.*

**ҚЫЗҒАН=** ет. **1.** *Затты, дүние-мүлікті, атақ-дәрежені т.б. өзгеге қимай іштен күю; күндейтін қызғаныш сезімі билеу.* **2.** *Жақсы көрген адамының өзге біреумен қарым-қатынас жасауын көтере алмау, қызғаныш сезіміне жеңдіру.* **3**. *Төліне, ұрғашысына жақындатпау үшін жануарлар тарапынан болатын қорғаштау.*

**Қызғансаң [қызғанғаның], қызыл итке бұйырсын [жем болсын].** қарғ. *Маған бермегенің, қимағаның өзіңе де болмасын.*

**ҚЫЗҒАНҒАНДЫҚ** зат. сөйл. *Көре алмай күндеушілік; қызғаныш білдірушілік.*

**ҚЫЗҒАНДЫҚ** зат. **1.** *Жылуы күшейгендік, ысығандық.* **2.** ауыс. *Жұмыс қарқыны артқандық, үдей түскендік.* **3.** ауыс. *Масайып, қызуы көтерілгендік.*

**ҚЫЗҒАНДЫР=** ет. *Қызғаныш сезімін тудыру.*

**ҚЫЗҒАНДЫРУ** *Қызғандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗҒАНУ** *Қызған етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызғаныш білдіру, іші күю.* **2.** *Жақсы көрген адамын өзгеге қимау, қызғаныш сезімі билеу.*

**ҚЫЗҒАНУШЫЛЫҚ** зат. *Көре алмаушылық, күндеушілік.*

**ҚЫЗҒАНШАҚ** сын. **1**. *Іштар, күншіл.* **2**. *Жақын, жақсы көретін адамын өзгеге қимайтын, қызғаныш сезімі күшті (адам).*

**ҚЫЗҒАНШАҚТАН=** ет. *Іштарлану, күншілдік таныту.*

**ҚЫЗҒАНШАҚТАНУ** *Қызғаншақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗҒАНШАҚТАУ** сын. **1.** *Іші тарлау, күндегіштеу.* **2.** *Жақын адамын өзгеден қызғана беретін, соған бейім.*

**ҚЫЗҒАНШАҚТЫҚ** зат. *Ішіне шынашақ айналмайтындық, іштарлық, күншілдік.*

**ҚЫЗҒАНЫС=** ет. *Бір-бірінен қызғану, өзгеге қимай іштарлық, күншілдік танытысу.*

**ҚЫЗҒАНЫСУ** *Қызғаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗҒАНЫШ** зат. **1.** *Іштарлықтан, күндеуден туатын сезім.* **2.** психол. *Адамның басқа біреудің (адамдар тобының) игілік, жетістіктеріне (табыс, танымалдық, байлық, еңбек мерейі, біреудің жақсы көруі не сүйіспеншілігі) жақтырмай, жаулықпен қарау сезімінің күйініш нысаны.* **3.** *Жақын адамын ұнатудан, жақсы көргендіктен немесе күдіктен өзгеге қимай, қызғану түріндегі адамда болатын сезім.*

**Қызғаныш білдіру**. *Қызғанған сыңай көрсету.* **Қызғаныштан не істерін білмеді**. *Қызғаныш сезімі бойын билеп, далбасалады, қолынан келгенше кедергі жасап бақты.*

**ҚЫЗҒАНЫШТЫ** сын. **1.** *Қызғаныш сезіміне толы, күншіл.* **2.** *Жақын адамын өзгеге қимайтын, сол сезімге бой ұрған.*

**ҚЫЗҒАНЫШТЫҚ** зат. *Іштарлық, күншілдік.*

**ҚЫЗҒЫЛ** сын. сөйл. ***Қызғылт.***

**Қызғыл тартты**. сөйл. *Қызылданды, алаулап қызарды.*

**ҚЫЗҒЫЛТ** сын. *Ақшылдау келген, солғын қызыл.*

**Қызғылт бірқазан.** зоол. <лат. pelecanus onocrotalus> *Ескекаяқтылар отряды, бірқазандар тұқымдасына жататын қауырсын түсі қызғылт келетін ірі су құсы.* **Қызғылт еркекқамыс.** өс. <лат. erianthus purpurascens> *Астық тұқымдасы еркекқамыс туысына жататын өсімдік түрі.* **Қызғылт күрең.** *Қызылдау түсті күрең.* **Қызғылт қоңыр тартты.** *Қоңырқайланды, қошқылданды.* **Қызғылт сары.** *Қызғылт аралас сары түс.* **Қызғылт семізот.** өс. *Көпжылдық, жуан қысқа көген тамырлы, жерасты сабақты өсімдіктер.*

**ҚЫЗҒЫШ** зат. зоол. *Көлмаңын, саз-батпақты, шабындықты жерлерді мекендейтін, желкесінде қара қауырсынды айдары бар кішкентай қоңырала құс.*

**Қызғыш болды**. *Қорғаштады, қамқор болды.*

**ҚЫЗҒЫШТА=** ет. *Қызғыштай қору, қамқор болу.*

**ҚЫЗҒЫШТАЙ: қызғыштай қорыды [қорғады]**. *Бір нәрсені барлық ықыласымен, ынтасымен сақтауға тырысты, қамқорлық ойлап, шаң жуытпады, ара түрды.*

**ҚЫЗҒЫШТАУ** *Қызғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗДАЙ** сын. *Жібектей сызылған, сыпайы, биязы.*

**Қыздай алды [қосылды]**. *Қыз кезінде үйленді.* **Қыздай сызылған.** *Ұяң мінезді, биязы, момын, сыпайы.*

**ҚЫЗДЫ** сын. *Қызы бар, қызы көп.*

**Қызды ауыл.** *Оң жақта отырған, тұрмыс құрмаған қыздары бар ауыл, қыздары бар үйлер.*

**ҚЫЗДЫҚ** зат. *Жыныстық қатыс жасамаған қыз баланың қынап қуысын жауып тұратын жұқа перде.*

**ҚЫЗДЫ-ҚЫЗДЫ** зат. *У-шу, ду-ду.*

**ҚЫЗДЫ-ҚЫЗДЫМЕН** үст. *Қызып кетіп, өзін-өзі тоқтата алмай, сезімін билей алмай.*

**ҚЫЗДЫР=** ет. **1.** *Тоңғанда, суықтап ауырғанда отқа арқаны, аяқты, қолды тосып жылыну.* **2.** *Адам ағзасына жақпайтын тағамдарды шектен тыс тұтынудан дене ыстығының көтеріліп, ішті күйдіріп кетуі.* **3.** ауыс. *Желіктіру, жел беру, елірту.* **4.** ауыс. *Той-думанды бұрынғыдан да көңілдендіріп, қызықты ете түсу.*

**ҚЫЗДЫРМА[1]** зат. *Бірді-бірге итеріп, айдап салатын ұрындырма, құтыртпа сөз.*

**ҚЫЗДЫРМА[2]** зат. жерг. *Пештің бөлмеге қараған бетінің ішіне кіргізе, қаңылтырдан жасаған қақпақты қуыс.*

**ҚЫЗДЫРМАЛА=** ет. **1.** *Қыздыру, қызығына түсу.* **2.** *Асыра сілтеу, құтырту.* **3.** ауыс. *Қолтығына су бүрку, жел беру.*

**ҚЫЗДЫРМАЛАТ=** ет. *Белгілі бір қимыл-әрекетті бұрынғысынан да асырып үдете түсу, үстемелеп, жалғастыра беру, қыздырту.*

**ҚЫЗДЫРМАЛАТУ** *Қыздырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗДЫРМАЛАУ** *Қыздырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗДЫРТ=** ет. *Отқа ұстату, отқа қойғызу, ысыту, қайнату.*

**ҚЫЗДЫРТУ** *Қыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗДЫРУ** *Қыздыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Отқа ұстау, қою, қақтау, қайнату.* **2.** ауыс. *Бел шеше кірісу, құлшыну; бел ортасында болу.*

**Қыздыру лампасы.** тех. *Түрлі мақсатта қолданылатын қыздырғыш шам.*

**ҚЫЗДЫРЫЛ=** ет. *Отқа ұсталу, қақталу, ысытылу, қайнатылу.*

**ҚЫЗДЫРЫЛУ** *Қыздырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗДЫРЫН=** ет. *Отқа қақтану, жылыну.*

**ҚЫЗДЫРЫНУ** *Қыздырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЖАРЫС** зат. спорт. *Қыздар арасында 1600–2000 м қашықтыққа атпен шауып жарысатын атшабыс, ұлттық спорт түрі.*

**ҚЫЗ-КЕЛІНШЕК** зат. *Қыз-қырқыны аралас жас әйелдер.*

**ҚЫЗҚАРАҒАЙ** зат. өс. сөйл. *Шыршаның түрі.*

**ҚЫЗ-ҚАТЫН** зат. қарап. *Қыз-қырқын, қатын-қалашы аралас, әйел атаулы.*

**ҚЫЗҚАШАР[1]** зат. этн. **1.** *Көңіл қосқан қызын қашыруға себеп болған кісіге жігіттің беретін сый-сияпаты.*

**ҚЫЗҚАШАР[2]** зат. этн. *Қыз кетерде қыз туысқандарының біреуі не үлкен үйінің жасап беретін тойы.*

**ҚЫЗҚАШАР[3]** зат. ойын. *Атастырылған күйеу мен қалыңдықты жақындастыру мақсатында ойналатын қазақтың ұлттық ойыны.*

**ҚЫЗҚУУ** зат. этн. *Үлкен тойда атқа мінген қыз-жігіттің бірін-бірі кезек қуып, атқа мықтылығы сыналатын ұлттық ойын.*

**ҚЫЗ-ҚУУМАЙ** зат. спорт. *Қызды қуып жету түріндегі қырғыздың ұлттық ат спорты.*

**ҚЫЗҚҰШАҚТАР** зат. этн. *Күйеу жігіттен қалыңдықтың жеңгесі алатын кәдесі.*

**ҚЫЗ-ҚЫЗ**: **қыз-қыз қайнады**. а) *Қатты ысып кетті.* ә) *Қарқыны күшейді, үдей түсті.*

**ҚЫЗ-ҚЫРҚЫН** зат. *Қыз балалар тобы.*

**ҚЫЗ-ҚЫРЫМ** зат. *Қыз-қырқын.*

**ҚЫЗМЕТ** [ар. خدمة] зат. **1.** *Еңбек ету аясындағы жұмыс; кәсіп.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің мәні; маңызы, орны.*

**Қызмет айту.** сөйл. *Бұйымтай айту.* **Қызмет атқару**. *Белгілі бір жұмыс түрін орындау, істеу, жүргізу.* **Қызмет бабы**. *Жұмыс барысы, жағдайы, жұмыс жайы, жай-жапсары.* **Қызмет көпіршесі**. сушар. *Көлденең байланысты, екі фермадан жасалған аса ауқымды жүккөтергіш кран.* **Қызмет көрсету**. *Адамның және жалпы қоғамның қандай да болсын қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған, бірақ жаңа тұтыну құнын не жаңа өндіріс құрал-жабдығын немесе тұтыну заттарын жасамайтын тиімді қызметі.* **Қызмет көрсетуші кооператив.** *Мелиоративтік, көлік, жөндеу, құрылыс, экологияны қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, малдәрігерлік қызмет көрсету, кеңес беру т.с.с. қызметтер көрсету үшін құрылған ұйым.* **Қызмет қылды [етті, жасады, көрсетті істеді]**. а) *Жұмыс істеді, еңбек етті.* ә) *Құрмет жасады, сый көрсетті, күтті.* **Қызмет мерзімі**. *Зат, нәрсе, құрал-жабдықтың өзінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қасиеті мен сапасын сақтайтын кезең.* **Қызмет сұрау.** сөйл. *Келген қонақтың бұйымтайын сұрау.* **Қызметтен босату.** *Қызметкердің тапсырылған жұмысты дұрыс орындамағанда немесе басқа да келеңсіз, жайсыз жағдайлармен байланысты орнынан алу, жұмыстан айыру.* **Қызмет шекті.** *Қызмет көрсетті, қызмет етті.* **Қызметі бұзылды.** *Атқаратын жұмысы, орындауға тиіс міндеті жүзеге аспады, жұмыс істеу тәртібіне нұқсан келді.* **Қызметін бұзды.** кіт. *Қандай да бір нәрсенің, желінің немесе жүйенің жұмыс істеу тәртібіне, жұмысына ақау келтірді.*

**ҚЫЗМЕТКЕР** [ар. خدماتكار] зат. **1.** *Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде (жауапты, қатардағы) жұмыс істейтін адам.* **2.** көне. *Біреуге жалға тұрып жұмыс істеуші, қызметші.*

**Қызметкерлерді басқару**. *Кәсіпорынның еңбек ресурстарын қалыптастыру және дамыту жөніндегі шаралар кешені.*

**ҚЫЗМЕТТЕС** сын. *Жұмыс орны бір, істес.*

**ҚЫЗМЕТТЕСТІК** зат. *Жұмыс орны, ісі бір болушылық.*

**ҚЫЗМЕТТІК** сын. *Қызмет бабындағы, қызметке қатысты.*

**Қызметтік құжаттар**. *Күнделікті, басқару жұмыстарын жүргізуге арналған іс қағаздары.* **Қызметтік құпия**. заң. *Мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, жарияланған немесе жоғалған жағдайда мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипаты бар мәліметтер.* **Қызметтік тұрғын үй**. құр. *Азаматтардың еңбек қатынастарының сипатына байланысты өз міндеттерін орындауы кезеңінде оларды қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй.*

**ҚЫЗМЕТШІ** зат. сөйл. **1.** ***Қызметкер.*** **2.** *Біреуге жалданып жұмыс істеуші адам, жалшы, күтуші.* **3.** ауыс. *Біреудің, я бір нәрсенің тілек-талабын іске асырушы, мүддесін қорғаушы.*

**ҚЫЗОЙНАҚ** зат. этн. *Бозбала, бойжеткендердің бас қосып өткізетін ойын-сауық кеші.*

**Қызойнақ салды**. *Қызға қырындады, көңіл көтерді.*

**ҚЫЗСАҚИНА** зат. жерг. *Бой жетсе де әлі құда түспеген қыздардың сол қолының саусағына тағылатын сақина.*

**ҚЫЗСАУМАЛДЫҚ** зат. өс. *Өсімдіктің бір түрі.*

**ҚЫЗТАЛАҚ** сын. *Оңбаған, жексұрын, бәтшағар.*

**ҚЫЗТЕКЕ** зат. *Еркектік те, әйелдік те жыныстық белгісі бар адам, гермофродит.*

**ҚЫЗУ**[1] зат. **1.** *Оттың, күннің ыстығы, жылуы.* **2.** *Дененің ыстығы.* **3.** ауыс. *Тұла бойды билеген жалын.* **4.** ауыс. *Бойға нәр беретін күш, қуат.* **5.** ауыс. *Ішімдіктің әсері, уыты.*

**Қызу шамы**. *Үйдің ішіне жарық түсіруге, автомобиль фарларына, тігін мәшинесіне, қалта фонарына, фотосуретке түсіру кезінде пайдаланылатын шам.* **Қызуы көтерілу**. *Ағза жұмысының бұзылуынан кеселге, ауруға шалдығуынан дене ыстығының қалыпты жағдайдан ауытқып, жоғарылауы (38$^0$-тан асып кетуі).*

**ҚЫЗУ**[2] сын. **1.** *Қайрат-жігері тасыған, жалынды, албырт.* **2.** *Тез көтерілетін, қызба.* **3.** *Ішімдік ішіп, есірген, мас.*

**Қызу қолдады [қуаттады]**. *Ұйымшылдықпен, бір ауыздан мақұлдады, толық қосылды.* **Қызу майдан.** *Соғыстың яки еңбектің қызған шағы.* **Қызу орта.** *Істің нағыз қайнаған іші, арасы, белортасы.*

**ҚЫЗУ**[3] *Қыз етістігінің қимыл атауы; ысу, жылу, ыстығы арту, күю.*

**ҚЫЗУҚАНДЫ** сын. *Тез көтерілетін, қызба, лап етпе, намысқой.*

**ҚЫЗУҚАНДЫЛЫҚ** зат. *Жігерлілік, албырттық, қызбалық; қайрат-жігері тасыған өр мінезділік.*

**ҚЫЗУ-ҚЫЗУ** сын. *Жалынды, отты.* // *Үлкен ынтамен, жалынды түрде, көтеріле түсіп.*

**ҚЫЗУЛА=** ет. **1.** *Қарқыны үдеу, күшею.* **2.** *Ыстығы көтеріліп ауыру.*

**ҚЫЗУЛАН=** ет. **1.** *Қызбалықпен өршелене түсу, көтерілу.* **2.** *Жігерлену, қайраттану, рухтану.* **3.** ауыс. *Сезімнің жетегінде кету, еліру, желігу.*

**ҚЫЗУЛАНУ** *Қызулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗУЛАТ=** ет. *Өршелендіру, қызбалыққа салғызу.*

**ҚЫЗУЛАТУ** *Қызулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗУЛАУ**[1] сын. **1.** *Жылуы артқан, ыстықтау.* **2.** ауыс. *Ішімдік ішкеннен аздап мастау, масаңдау.*

**ҚЫЗУЛАУ**[2] *Қызула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗУЛЫ** сын. **1.** *Жылуы күшті, ыстық.* **2.** ауыс. *Қарқыны күшті, қайнаған.* **3.** ауыс. *Көңілге ұнамды, қызықты, рақат.* **4.** ауыс. *Аздап ішкен, масаң.* **5.** ауыс. *Ыстық сезімге толы, жалынды, отты.*

**ҚЫЗУЛЫҚ** зат. **1.** *Үй ішінің, орын-жайдың ыстықтығы.* **2.** *Тез көтеріле кететін, қызбалық.* **3.** *Ішімдік ішкендіктен болатын мастық, масаңдық.*

**ҚЫЗУЛЫРАҚ** сын. **1.** *Жылуы күштірек, ыстығырақ.* **2.** ауыс. *Әуелгіден қарқындырақ, жалындырақ.* **3.** ауыс. *Ептеп ішкендеу, масаңдау.*

**ҚЫЗУСЫЗ** сын. *Қызуы жоқ, қызу бермейтін.*

**ҚЫЗША** үст. *Қыз сияқты, қызға ұқсап.*

**ҚЫЗШӨП** зат. өс. <лат. goniolimon> *Қорғасыншөптер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЗШЫЛ** сын. *Қызжанды, қызқұмар.*

**ҚЫЗЫҒУ** *Қызық етістігінің қимыл атауы; зейіні кетіп құмарту, сондай болсам деп армандау, ынтығу, әуестену.*

**ҚЫЗЫҒУШЫ** зат. *Құмартушы, көңілі кетіп, ынтығып, ынтызар болып жүрген адам.*

**ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып-білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі, адамның зейіні ауып, елігуден болатын құмартушылық, ынтығушылық.*

**Қызығушылық танытты.** *Маңызды нәрсеге көңіл аударды, ден қойып, зейінді екендіктерін білдірді.* **Қызығушылық туғызды [тудырды].** *Басқалардың назарын аударды, көңіл бөліп, ден қойып, зейінділік танытуына түрткі болды.*

**ҚЫЗЫҒЫРАҚ** сын. *Өзгесінен гөрі қызғылықты, тартымдырақ.*

**ҚЫЗЫҒЫС=** ет. *Біріне-бірі ынтығу, ынтызар болысу.*

**ҚЫЗЫҒЫСУ** *Қызығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚ**[1] сын. **1.** *Көңілге қонымды, тамаша, қызықты.* **2.** *Көз тартарлық, әдемі.* **3.** *Әдеттен тыс, таңғаларлық.*

**ҚЫЗЫҚ**[2] зат. **1.** *Бастан кешкен, көрген қызықты оқиға.* **2.** *Ермек ететін, жұбаныш, алданыш.* **3.** ауыс. *Жан сүйсінерлік ләззат, рахат.* **4.** ауыс. *Дырдулы ойын-сауық, той-думан.* **5.** ауыс. *Күтпеген, кездейсоқ жай.*

**Қызығы басылмады.** *Базары тарқамады, қуанышы ұзаққа созылды.* **Қызығына батты [түсті].** *Тамашалап ләззат алды, рақатына бөленді.* **Қызығын көрді [қызықтады]**. *Игілік, жақсылығын көрді, рақатына батты.* **Қызығын көрмеді.** *Еш рахатын ала алмады.* **Қызығын ұрлады.** *Біреуді қуанышынан ажыратты.* **Қызығы тарқады.** *Қызықты күндер өтті, аяқталды.* **Қызық көрді.** а) *Қызықтады, тамашалады, таңырқады, әуестенді..* ә) *Қызық дәурен сүрді, рақатқа батты.* **Қызыққа батқызды [батырды]**. *Рақаттандырды, ләззат алдырды; қуанышқа бөледі, тамашаға кенелтті.* **Қызыққа батысты.** *Бір нәрсеге қарық болысты, кенелісті.* **Қызыққа қанды.** *Тамашаға кенелді, батты.* **Қызықтан құр қалды**. *Тамаша, той-думан, ойын-сауықтан шеттеп, қатыспады, ортасында болмады.* **Қызықты қараңыз.** *Міне, ғажап деген мағынада.*

**ҚЫЗЫҚ=** ет. *Назары ауып құмарту, ынтығу; әуестену.*

**ҚЫЗЫҚ-ДУМАН** зат. *Дырдулы ойын-сауық, тамаша.*

**ҚЫЗЫҚҚАНСУ** *Қызыққансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚҚАНСЫ=** ет. *Ықыласы ауғансу, құмартқансу, әуес болғансу.*

**ҚЫЗЫҚҚОЙ** сөйл. сын. *Қызыққа жаны құмар, әуесқой.*

**ҚЫЗЫҚ-ҚЫЗЫҚ** сын. **1.** *Өте қызық, қызғылықты.* **2.** *Әдеттен тыс, не қилы.*

**ҚЫЗЫҚҚЫШ** сын. *Әуестенгіш, құмартқыш.*

**ҚЫЗЫҚҚЫШТА=** ет. сөйл. *Әр нәрсеге бір қызығу.*

**ҚЫЗЫҚҚЫШТАУ** *Қызыққышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚҚЫШТЫҚ** зат. *Ынтыққыштық, әуестенгіштік, құмартқыштық.*

**ҚЫЗЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Ешбір қызығы, әсері жоқ, тартымсыз.* **2.** *Көңілсіз, сұрқай.*

**ҚЫЗЫҚСЫЗДАУ** сын. *Ықылас туғызбайтын тартымсыздау, көңілсіздеу.*

**ҚЫЗЫҚСЫН=** ет. *Қызық көру, қызығу.*

**ҚЫЗЫҚСЫНУ** *Қызықсын етістігінің қимыл атауы; бірге тамашалау, қызық көрісу.*

**ҚЫЗЫҚТА=** ет. **1.** *Қызық көру, тамашалау.* **2.** *Қызығын, қуанышын көру.*

**ҚЫЗЫҚТАНДЫР=** ет. *Әуелгіден де қызықты ету, тамашаландыру.*

**ҚЫЗЫҚТАНДЫРУ** *Қызықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚТАС=** ет. *Қызығын бірге көру, бірге тамашалау.*

**ҚЫЗЫҚТАСУ** *Қызықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚТАТ=** ет. *Қызық көргізу, тамашалату.*

**ҚЫЗЫҚТАТУ** *Қызықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫҚТАУ**[1] сын. **1.** *Тәп-тәуір, әсерлілеу, тартымдылау.* **2.** *Әдеттегіден өзгешелеу, қайран қаларлықтай.*

**ҚЫЗЫҚТАУ**[2] *Қызықта етістігінің қимыл атауы; қызық көру, тамашалау.*

**ҚЫЗЫҚТАУШЫ** зат. *Қызық көруші, тамашалаушы.*

**ҚЫЗЫҚТЫ** сын. *Көңілді, тартымды, қызғылықты.*

**ҚЫЗЫҚТЫҚ** зат. *Ықыласпен көңіл қоятын тартымдылық, тамашалық.*

**ҚЫЗЫҚТЫ-ҚЫЗЫҚСЫЗ** сын. *Қызық емесі мен қызықтысы аралас, екеуі де.*

**ҚЫЗЫҚТЫЛАУ** сын. *Көңілге әсерлілеу, тартымдылау.*

**ҚЫЗЫҚТЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қызықтық.***

**ҚЫЗЫҚТЫР=** ет. **1.** *Назарын аудару, әуестендіру.* **2.** *Ынтықтыру, еліктіру.* **3.** *Құмарттыру, құмарландыру.*

**ҚЫЗЫҚТЫРАҚ** сын. *Тартымдырақ, әсерлірек; қызықтылау.*

**ҚЫЗЫҚТЫРУ** *Қызықтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әуестендіру, назарын аудару.* **2.** *Ынтықтыру, еліктіру.* **3.** *Құмарттыру, көз тартқызу.*

**ҚЫЗЫҚШЫ** зат. *Халықты күлдіріп, түрлі ойын қойып жүретін сахна шебері, сайқымазақ.*

**ҚЫЗЫҚ-ШЫЖЫҚ** зат. *Белгілі іс-әрекеттің қуаныш-реніші мен күйініш-сүйініші.*

**ҚЫЗЫҚШЫЛ** сын. *Тамаша десе делебесі қоза кететін, ойын-сауықшыл.*

**ҚЫЗЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Қызғылықты өмір, рахат дүние.*

**ҚЫЗЫЛ**[1] зат. өс. *Қырым, Кавказ және еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде өсетін қоңыр қызыл түсті сопақша ірі жемісті өсімдік.*

**ҚЫЗЫЛ**[2] зат. *Қырмандағы ұшырылған таза астық.*

**ҚЫЗЫЛ**[3] сын. **1.** *Қан түсті, қырмызы.* // *Қызыл түс.* **2.** *Жылқы малында болатын ақ*

*аралас көкшіл түс.* **3**. *Сиыр, түйе, қой малында болатын ашық қоңыр түс.* **4.** ауыс. *Адам жүзіндегі қан күрең рең, қызарған шырай. // Шайдың ал күрең түсті қоюы, шығымы. // Қызыл әскер. // Малдың, аңның, құстың еті. // Жеміс сөлінен дайындалған шарап. // Бүркітті бабына келтіру үшін берілетін қан-сөлі бойында, жуылмаған түйір-түйір қызыл ет.* // көне. *Әшекей; әшекей бұйымдары (моншақ, алқа сияқты).*

**Қызыл ағаш**. *Жиһаз жасайтын бағалы ағаш.* **Қызыл айыр**. *Ойын картасының жүрек белгілері салынған түсі, түйе табан.* **Қызыл ала.** а) *Ақ, қара немесе басқа түстермен қызыл араласқан түстің түрі.* ә) *Жалын түстес (от).* **Қызыл ала қан болды.** *Қырылды, өлімші болды.* **Қызыл ала қанға бөкті [боялды].** *Өлімші болды, қансырады, жараланды.* **Қызыл ала қылды [етті]**. *Өлімші етті, қанға бояды, шауып алды, қырып жойды.* **Қызыл алаң.** тар. *Әскери шеру өтетін Мәскеу қаласының бас алаңы.* **Қызыл алма.** өс. *Алманың қызыл түсті түрі, сиверс алмасы.* **Қызыл алмас**. а) *Қару-жарақ соғуға арналған асыл болаттың бір түрі.* ә) *Қызыл алмастан соғылған қару-жарақ.* **Қызыл алтын**. а) *Саф алтын.* ә) бейн. *Күннің қызарып батқан шапағы туралы.* б) бейн. экспр. *Жарқыраған, жалт-жұлт еткен, жайнаған деген мағынада.* в) поэт. *Байлық деген мағынада.* **Қыз алып қашқыш.** *Қыздың әке-шешесіне құда түспей, қызды өз еркімен не еркінен тыс алып кетіп, әйел еткіш, не біреуге әйел қылып, алып бергіш.* **Қызыл арай**. *Шығар күн, батар күн алдындағы шұғылалы шапақ, нарттай күн нұры, күн шапағының қошқылданған түсі, қызғылт түс.* **Қызыл арай ойнады.** бейн. *Қызарды, нұрланды.* **Қызыл Армия.** совет. *Кеңес өкіметінің әскери құрылымы.* **Қызыл асық.** анат. *Адамның тобығы.* **Қызыл ауыз [езу]**. *Желдіртіп көп сөйлейтін езбе, көк мылжың.* **Қызыл әскер**. совет. а) *Жұмысшы-шаруалар өкіметінің Қарулы Күштері мен оның шағын бөлімшесі.* ә) *Қызыл Армияның қатардағы жауынгері.* **Қызыл балақ**. *Алғыр қыран құс.* **Қызыл балдырлар.** бот. <лат. rhodophyta> *Теңіздерде, су түбінде таралған балдырлардың ең үлкен бөлімі.* **Қызыл бет.** *Жас, көрікті, шырайлы адам.* **Қызыл борбай**. *Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, өте жас.* **Қызыл бұйра нар.** түйешар. *Жүні қызғылт түсті, иректелген мықты нар түрі.* **Қызыл бұрыш**. совет. *Мекеме жанында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге лайықтап жабдықталған арнайы бөлме.* **Қызыл гвардия**. тар. совет. *Контрреволюция мен ақ гвардияшыларға қарсы күресу үшін алғаш 1917 жылы ұйымдасып, кейін 1918 жылдың 23 ақпанда құрылған Қызыл Армияның қарулы отряды.* **Қызыл долана.** өс. *Биіктігі 1-4 метрге дейін жететін, сабақтары қызыл қоңыр тікенге толы өсімдік.* **Қызыл егес.** *Қатты тайталас, қызу бәсеке.* **Қызыл езу болды.** *Аттың ауыздығын тарта-тарта езуін қандатты.* **Қызыл ерін.** поэт. *Қыздың алаулаған тартымды ерні.* **Қызыл жалау [ту]**. совет. *Қан түсті ту (Кеңес өкіметінің мемлекеттік туы).* **Қызыл жел**. *Аңызақ, ыстық жел.* **Қызыл жемсау.** зоол. *Жемсауы қызғылт су құсы.* **Қызыл жон [жосын] етті [қылды].** *Қызыл ала қан қылды, сабады.* **Қызыл жон етіп сабады.** *Жон терісін сыдыра ұрды.* **Қызыл жоса.** *Қып-қызыл.* **Қызыл жосық.** поэт. *Құлпырған, түрленген, қырмызы.* **Қызыл жосын бүлік шығарды.** *Дау, жанжал туғызды, шатақ шығарды.* **Қызыл жұмыртқа**. діни. *Інжіл кітабының уағыздауы бойынша, Христың қайта тірілді-міс дейтін күнін еске алуға байланысты өткізілетін христиандардың көктемгі діни мейрамы.* **Қызыл жүзген.** өс. <лат. aphyllum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Қызыл жыңғыл.** өс. <лат. tamarix ramosissima ledeb> *Жыңғылдар тұқымдасына жататын, бұта немесе кішілеу ағаш.* **Қызыл зерек.** өс. а) *Гүлі қызғылт түсті шатыршагүлділер тұқымдасына жататын екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.* ә) *Зеректің жемісі, қызыл түрі.* **Қызыл империя.** газет. жағымсыз. *1917 жылы Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін құрылған Совет Одағы деп аталған тоталитарлық держава.* **Қызыл кеңірдек айтыс.** *Дау-жанжал, керіс.* **Қызыл кеңірдек болды [кеңірдектесті].** *Әбден айтысты, жанжалдасты, дауласты, керісті.* **Қызыл керуен.** тар. а) совет. *Көпшілік арасында саяси жұмыс жүргізу үшін арнайы жабдықталған жылжымалы күш-көлік; қазақтар арасында жүргізілген саяси науқан.* ә) *Біріне-бірі тіркесе шұбырған астық таситын көліктер тізбегі.* **Қызыл керіш.** *Қызғыш түсті топырақ араласқан, жоса, қызғыш бояу алынатын жер қыртысы.* **Қызыл киік.** поэт. *Қолға түспейтін, жеткізбейтін арман.* **Қызыл көбейсін!** тілек. *«Береке құтайсын, құт дарысын» деген мағынада қырманшыларға айтылатын сөзқолданыс.* **Қызыл көбік**. *Көпірме, бос сөз.* **Қызыл көз [көзді].** *Барып тұрған жалақор, бәле құғыш.* **Қызыл көз даукес.** *Әйгілі дауқор.* **Қызыл көз ессіз.** *Ештеңеден тайынбайтын, бәле құғыш, бәлеқор.* **Қызыл көз пәле.** *Барып тұрған пәлекет, нағыз бәлеқор, шатаққұмар.* **Қызыл көз пері.** *Барып тұрған пәле, жынды.* **Қызыл көздей.** *Қырсықты, кесірлі, кесапатты.* **Қызыл көзді.** *Қырсықты, кесірлі, кесапатты.* **Қызыл көк**. *Жылқыда болатын көкшіл сұр түс.* **Қызыл көмей.** поэт. *Құлаққа жағымды, сыңғырлаған ашық, нәзік, табиғи дауыс.* **Қызыл көрген құзғындай [бүркіттей, қарғадай].** *Қомағайланып төне түскен, ашқарақ, ашкөз.* **Қызыл көрген құзғындай үймеледі.** *Ашкөзденіп, қомағайлана бас салды, жармасты.* **Қызыл көрген қаршығадай.** *Тіктелу, жұтыну, құмарту.* **Қызыл көрмеді [тістемеді].** *Көп уақыттан бері ет жемеді.* **Қызыл көтен болды.** *Әбден зорықты, діңкесі құрыды.* **Қызыл көтеру.** этн. *Тұрмысы нашар, кедей адамның ірі қара малы өлген жағдайда ауылдастары 12 жілікке бөліп, әр жілікті 12 қозы деп атап, жәрдем беруі.* **Қызыл күрең**. *Тобылғы түсті, қызылы басым күрең түс.* **Қызыл күреңденді.** *Қызыл қошқылданды, қызарды.* **Қызыл кітап.** *Сирек кездесетін, тұқымы азайып, таусылып бара жатқан хайуандар мен құстарды тіркейтін кітап.* **Қызыл қанға боялды [батты, бөкті, малынды].** *Ұрыс-төбелестен, қырқыстан қан төгілді, шиедей болды.* **Қызыл қанға батысты.** *Бірін-бірі аямады, өлген-тірілгеніне қарамай төбелесті, аузы-басын даладай қылды.* **Қызыл қарын.** *Ештеңеге септігі жоқ (жас бала).* **Қызыл қарын сар [жас, шиеттей] бала.** *Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, сәби, ес біліп, етек жаппаған, буыны қатпаған, ер жетпеген бала.* **Қызыл қарын, бұты шыт.** көне. *Отбасында елеусіз жүрген, бағып-қағуы кем ойын балалары туралы айтылады.* **Қызыл қасқыр.** зоол. <лат. cuon alpinus pallas> *Жыртқыштар отряды қасқыр тұқымдасына жататын жүні қызғылт, арқасы қызыл қоңыр, екі бүйірі солғын қызыл түсті, таулы аймақтарда мекендейтін өте сирек кездесетін аң.* **Қызыл қозы.** ауыс. *Жас, сүйкімді қозы.* **Қызыл қоңыр.** *Қызыл мен қоңыр аралас келген, қошқыл, қызылы басым қоңыр түс.* **Қызыл қошқыл.** *Күреңіткен қою қызғылт.* **Қызыл қуырдақ болды.** *Дау-жанжал болып, қып-қызыл ұрысқа айналды.* **Қызыл құрт**. тамақ. *Қызыл күрең түсті жұмсақ құрт.* **Қызыл құлақ.** сөйл. *Алыпсатар, саудагер.* **Қызыл қырғын**. а) *Кескілескен қан майдан, қырғын соғыс.* ә) тар. *Кеңестік қоғам құру мақсатында бұрынғы КСРО елдерін шарпыған коммунистер жүргізген террорлық саясат салдарынан болған жаппай қантөгіс, кісі өлімі.* **Қызыл қырман.** а) *Тазаланған астық, үйілген қырман.* ә) *Аспа-төкпе, мол, көп.* **Қызыл қырман болды.** а) *Асты-үстіне шықты, бейберекеті кетті.* ә) *Үйіліп-төгілді.* **Қызыл қырман қылды [етті].** *Қырып салды, қызыл жоса қан қып кетті.* **Қызыл қыршын.** өс. *Қызыл гүл, дәнді бұтағынан қырқылып сәл оңай түсіп қалатын әдемі дала шөбі.* **Қызыл маржан**. *Бағалы, әшекейлік тас, моншақтың түрі.* **Қызыл моншақ**. *Қызыл маржаннан жасалған моншақ.* **Қызыл мүйіс.** сөйл. совет. *Қызыл бұрыш.* **Қызыл найза.** *Сабы қызыл түске боялған найза.* **Қызыл нар бура.** *Жүні қып-қызыл бура.* **Қызыл оқ.** *Ескерту ретінде атылған оқ.* **Қызыл отар**. совет. *Бұрынғы Кеңес өкіметінің үстемдік саясаты.* **Қызыл отау.** совет. *Ауылды жерде, мал жайылымында мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін орын.* **Қызыл өкпе болды.** *Жүгіре-жүгіре өкпесі өшті, алқынды.* **Қызыл Ресей**. *Бұрынғы Кеңес өкіметі.* **Қызыл сал**. *Әйелдердің басына салатын орамалдың түрі.* **Қызыл саң**. *Көбіне көйлек-көншек тігілетін қызыл түсті жұқалау мата.* **Қызыл [қызыл басты] саңырауқұлақ.** өс. *Жапырақты, көбіне көк теректі, қайыңды орманда, кейде қарағайға таяу жерде өсетін, басының үстіңгі жағы қызғылт сарғыш, қара күрең сарғыш, төменгі жағы ақ, кейін сұрғылт тартатын, сабағының төменгі жағы жуан, берік, қара қоңыр жолағы бар саңырауқұлақтың түрі.* **Қызыл сары.** *Қызыл мен сары араласқан түс.* **Қызыл саясат.** газети. *Кеңес өкіметі жүргізген бір идеологияға күштеп бағындыру саясаты.* **Қызыл сәулелі.** *Қызыл арай сәуле шашқан, жалқын тартқан.* **Қызыл сөз**. *Байлауы жоқ, жылтыр, құр әншейін бос сөз.* **Қызыл сөзден бал жақты.** *Әсіреледі, асыра мақтады.* **Қызыл тақта**. совет. *Құрмет тақтасы.* **Қызыл тер болды**. *Қалжырады, шаршап-шалдықты, терлеп-тепшіді.* **Қызыл тон.** этн. а) *Мақпалдан тігілген, әйелдер киетін астарсыз жеңіл киім; жаздық шапан.* ә) *Жағасы, етек-жеңі түгелдей құндызбен жиектелген, екі өңірі мен етегі зермен көмкерілген, ұзатылған қызға кигізетін тон.* **Қызыл топырақ**. *Ылғалды субтропиктік климат жағдайында жалпақ жапырақты орман жамылғысы астында, кейде тропиктік саванналарда түзілетін топырақ түрі.* **Қызыл тіл.** а) *Өткір, орамды, шешен тіл.* ә) *Шешендік, тауып сөйлеушілік.* **Қызыл тілін безеді.** *Бар өнерін сала, қадала, тілі мен жағына сүйене сөйледі.* **Қызыл тілін қырық орады.** *Көпсөзділікке салынды, тілі мен жағына сүйенді.* **Қызыл тістеді.** табу. *Ет жеді.* **Қызыл уылдырық.** *Кета, кемиек сияқты албырт тұқымдас балықтардан алынатын бағалы уылдырықтың түрі.* **Қызыл шуақ.** *Қызарып түскен күн сәулесі.* **Қызыл шұбар.** *Араласып шұбарланған түстердің ішінде қызыл түстің көбірек кездесетін түрі.* **Қызыл шұнақ [шұнақ сары] аяз.** *Қатты құрғақ, бет қаритын, шыңылтыр аяз, қақаған ұскірік, сықырлаған суық.* **Қызыл шұнақ боран [үскірік, жел, қыс, қар].** *Бет қаратпайтын қатты суық.* **Қызыл шұнақ тіл.** *Сумаңдаған қызыл тіл.* **Қызыл шырай.** *Алма бет, шырайы шыққан (әдемі қыз туралы).* **Қызыл шырайлы.** *Екі бетінен қан тамған, реңді, өңді.* **Қызыл ірімшік.** тамақ. *Қызғылт-қоңыр түсті ірімшіктің түрі.* **Қызыл іңір**. *Ымырт түсіп, қас қарайған кез.*

**ҚЫЗЫЛ**[4] зат. сөйл. ***Қызылша***[2].
**ҚЫЗЫЛАШ** сын. *Семіздігі сыртынан білінбейтін.*
**ҚЫЗЫЛАЯҚ: қызылаяқ бақа.** зоол. *Құйрықсыз қосмекенділер тұқымдасының бақалар тобына жататын бір түрі.*
**ҚЫЗЫЛБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. acipenser gueldenstaedti> *Еті мен уылдырығы бағалы, ірі, қортпа, шоқыр, бекіре т.б. бекіре тәрізділер отрядына жататын кәсіптік маңызы зор балықтар.*
**ҚЫЗЫЛБАС**[1] зат. фольк. тар. **1.** *Қазақ эпостарында суреттелетін басқыншы, жау елдің аты.* **2.** тар. *Шииттің он екі имамының құрметіне осылай атанып кеткен он екі қызыл жолақты сәлде киінгендер.* **3.** *Иран, Сирия, т.б. Кіші Азия елдерінде негізінен шииттерден тұратын тайпалар бірлестігін құрған елдің және ұлыстың аты.*
**ҚЫЗЫЛБАС**[2]**: қызылбас беде.** өс. *Бұршақтар тұқымдасына жататын, биіктігі 15-20 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛБИТ** зат. зоол. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянкес жәндіктің түрі.*
**ҚЫЗЫЛБОЯҚ** зат. сын. *Қызарған, қызыл түсті.*
**ҚЫЗЫЛБҰРЫШ** зат. өс. <лат. gapsicum annuum>. **1.** *Көптеген елдерде біржылдық, тропикте көпжылдық ретінде өсірілетін алқа тұқымдас, жемісі ащы өсімдік, бұрыштың (capsicum) бір түрі.* **2.** *Осы өсімдіктің әртүрлі емдік, тағамдық қасиеті бар, ащы жемісі.* **3.** тамақ. *Қызылбұрыш көкөнісінің жемісінің кептіріліп ұсақталған дәмдеуіш ретіндегі ұнтағы.*
**ҚЫЗЫЛҒЫШ** зат. зоол. ***Қызылқас.***
**ҚЫЗЫЛДА**[1]**=** ет. **1.** *Қызыл түске бояу.* **2.** ауыс. *Жас ет жеу.*
**ҚЫЗЫЛДА**[2]**=** ет. *Бастырылған астықты тазалау.*
**ҚЫЗЫЛДА-ЖАСЫЛ** сын. *Түрлі түсті құлпырған, алуан түрлі.*
**ҚЫЗЫЛДАЙ: қызылдай құда болды.** этн. *Әйелдері жүкті адамдар іштегі балалары тумай жатып құдаласты.*
**ҚЫЗЫЛДАН**[1]**=** ет. **1.** *Алаулау, қызару.* **2.** ауыс. *Ет жинау, әлдене бастау.*
**ҚЫЗЫЛДАН**[2]**=** ет. *Бастырылған дақылдың тазалануы.*
**ҚЫЗЫЛДАНУ** *Қызылдан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫЗЫЛДАС** зат. *Ойнап-күліп бір жүрген, құрбылас адам.*
**ҚЫЗЫЛДАС=** ет. *Бастырылған астықты тазаласу.*
**ҚЫЗЫЛДАСУ** *Қызылдас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫЗЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қызыл түске бояу.* **2.** ауыс. *Жас ет беру.*
**ҚЫЗЫЛДАТУ** *Қызылдат етістігінің қимыл атауы; жас ет беру.*
**ҚЫЗЫЛДАУ**[1] сын. *Жұқалаң қызыл аралас, қызғылт.*
**ҚЫЗЫЛДАУ**[2] *Қызылда етістігінің қимыл атауы; жас ет беру.*
**ҚЫЗЫЛДАУ**[3] *Қызылда етістігінің қимыл атауы; бидайды тазалау.*
**ҚЫЗЫЛДӘРІ** зат. көне. *Түрлі шөптің қоспасынан жасалған дәрі.*
**ҚЫЗЫЛДЫ-ЖАСЫЛДЫ** сын. сөйл. ***Қызыл-жасыл.***
**ҚЫЗЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Қырмызы қызылға тән қасиет.* **2.** ауыс. *Қызбалық, есерлік.*
**ҚЫЗЫЛЖАҒАЛЫЛАР** зат. сөйл. жағымсыз. ***Большевик.***
**ҚЫЗЫЛЖАҚ: қызылжақ сарышұнақ.** зоол. *Қазақстанда кең тараған зиянкес кеміргіш.*
**ҚЫЗЫЛЖАЛҚЫНДАН=** ет. *Қып-қызыл боп арайлану, алаулау.*
**ҚЫЗЫЛЖАЛҚЫНДАНУ** *Қызылжалқындан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫЗЫЛЖАНДЫ** сын. *Жылтырағанға жаны құмар, әдеміге әуес.*
**ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ** сын. *Әртүрлі ашық түске боялған, құлпырған.*
**Қызыл-жасыл киінді**. *Түрлі-түсті киім киді, сәнденді.*
**ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛДАН=** ет. *Алуан түске еніп, құлпыру.*
**ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛДЫ** сын. *Алуан түрлі, ашық түсті.*
**ҚЫЗЫЛИЕК** зат. анат. <лат. gingiva> *Ауыз қуысында тіс өсіп шығатын, оның тамырлары ұсталып тұратын қызыл ет.* // *Тіс шықпаған, жас.*
**Қызылиек болды.** *Тісі түсіп, әбден қартайды.*
**ҚЫЗЫЛИЕКТЕН=** ет. *Қызару, қызғылт тарту.*
**ҚЫЗЫЛКЕҢІРДЕК** сын. *Дауласқыш, көп сөзді.*
**Қызылкеңірдек болды**. *Керісіп қалды, жанжалдасты.*
**ҚЫЗЫЛҚАЗ** зат. зоол. *Қауырсындары жұқалтым қызғылт келген, өте ұзын мойынды, аяғы ұзын су құсы.*
**ҚЫЗЫЛҚАНАТ** зат. зоол. <лат. eryhroculter mongolicus> *Басы сүйірлеу біткен, қанаты қызыл, тұщы суларда өсіп-өнетін балық.*
**ҚЫЗЫЛҚАС** зат. зоол. *Өзен-көл, батпақты жерлерде мекендейтін құс.*
**ҚЫЗЫЛҚАТ** зат. бот. *Тасжарғандар тұқымдасына жататын, бұтағы тікенекті, жапырағы жалпақ бұта.*
**ҚЫЗЫЛҚҰЙРЫҚ: қызылқұйрық құмтышқан.** зоол. <лат. meriones erythrourus> *Аламан тұқымдасына жататын кеміруші сүтқоректі.* **Қызылқұйрық торғай.** зоол. <лат. phoenicurus> *Торғайлар отрядына жататын сайрағыш құс.* **Қызылқұйрық тұқымдасы.** бот. <лат. amar anthaceae> *Қосжарнақтыларға жататын бір не көпжылдық өсімдіктер.*
**ҚЫЗЫЛМАЙ: қызылмай болды.** а) *Сабылды, арам тер болып зорықты, діңкеледі.* ә) *Жүрегін май басып, шектен тыс семіріп кетті.* **Қызылмай қылды.** *Зорықтырды, діңкелетті.*
**ҚЫЗЫЛМИЯ** зат. өс. <лат. glycyrrhiza glabra> *Көпжылдық, биіктігі 30-150 см дейін жететін тік сабақты, қарапайым бұтақты, шырынды түк басқан шөп сабақтас өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛӨҢЕШ** сын. *Желігіп сөйлейтін сөзқұмар, даукес.*
**Қызылөңеш болды**. а) *Керілдесіп дауласты, айтысып-тартысты.* ә) *Әбден әуреленді, әбігерге түсті.*
**ҚЫЗЫЛСИРАҚ** зат. жағымсыз. *Жұлығы шыққан жарлы, қара табан кедей.*
**ҚЫЗЫЛСОРАҢ** зат. өс. <лат. salicornia europaea> *Біржылдық етжеңді, шөп сабақтас өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛСУ** зат. *Өзендегі мұз бетіне, қар үстіне жайылған су.*
**Қызылсу мұзы.** *Жерасты, өзен, көл суларының қысқы уақытта жер және мұз бетіне шығып қатуынан болатын мұз.*
**ҚЫЗЫЛСУДАЙ** сын. *Қызыл су сияқты.*
**Қызылсудай жүрді**. *Баса-көктеп ойлағанын істеді, өмірін жүргізді.*
**ҚЫЗЫЛСЫРА=** ет. *Біраздан бері жемегендіктен, етті аңсау.*
**ҚЫЗЫЛСЫРАУ** *Қызылсыра етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫЗЫЛТАБАН: қызылтабан болды**. *Сабылып титығы құрыды, қалжырады.*
**ҚЫЗЫЛТАҚ** зат. **1**. *Құмның арасындағы тақыр жер.* **2.** *Кішірек құм төбелер.*
**ҚЫЗЫЛТАЛ** зат. өс. сөйл. ***Ырғай.***
**ҚЫЗЫЛТАМЫР** зат. өс. <лат. macrotomia> *Айлаулықтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**Қызылтамыр қылша.** өс. *Құмды, далалы жерлерде, көбінесе таулы аймақтың тегіс және бұйратты құмды жерлерінде өсетін өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛТАМЫРЛАН=** ет. *Тамырлардың білеулене көрінуі.*
**ҚЫЗЫЛТАНАУ: қызылтанау болды**. *Асығып-аптығып, өрекпи қимылдады, желікті.*
**ҚЫЗЫЛТАҢДАЙ** зат. өс. <лат. roemeria> *Көкнәр тұқымдасына жататын біржылдық сүт-шырынды шөптесін өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛТАСПА** зат. өс. <лат. aviculare> *Біржылдық сабағының ұзындығы 10-40 см, тік сабақты, шөп сабақтас өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛТЕЛПЕК** зат. зоол. *Бозша мөңкеден селекциялық әдіспен қолдан шығарылған алтын балықтың түрөзгерісі.*
**ҚЫЗЫЛТҰМСЫҚ: қызылтұмсық болды**. а) *Астық пісе бастады.* ә) *Олжаға батты, қарық болды.*
**ҚЫЗЫЛТҮЙІРШІК** зат. биол. <грек. erythos – қызыл, kytos – жасуша> *Өкпеден (денеге) оттегін таратып тұратын қан құрамындағы гемоглобинді қызыл талшық, эритроцит.*
**ҚЫЗЫЛША**[1] зат. өс. **1.** *Тамыр түйнегі тамаққа қолданылатын, малға азық ретінде берілетін және қант дайындауға пайдаланылатын бақша өсімдігі.* **2.** өс. <лат. beta> *Алабота тұқымдасына жататын өсімдіктер туысы.*
**Қызылша бізтұмсығы**. зоол. <лат. gurculionidae> *Бізтұмсық қоңыздар тұқымдасына жататын қоңыздар; қант қызылшасының аса қауіпті зиянкестері.* **Қызылша жұмыр құрты.** зоол. <лат. heterodera schachtii> *Жұмыр құрттар класына жататын паразит құрт.* **Қызылша қандаласы**. зоол. <лат. polymerus cognatus> *Жартылай қанатты қанаттылар отрядының мирида тұқымдасына жататын жәндік, қауіпті зиянкес.* **Қызылша өсіру**. *Ауылшаруашылығының қант өнеркәсібіне, мал азығына қажетті және асханалық қызылша өсіретін саласы.*
**ҚЫЗЫЛША**[2] зат. мед. <лат. morbilli> *Балалардың денесіне қызарып бөртіп шығатын жұқпалы ауру.*
**Қызылша вирусы**. мед. <лат. paramyxoviridae> *Парамиксовирустар туыстығына кіретін вирус.*
**ҚЫЗЫЛША**[3] зат. *Тасты жарып өсетін кермек дәмді шөп.*
**Қызылша гүлтәжісі.** *Биіктігі 20-80 см, бозғылт жасыл түсті, түкті, сабақты өсімдік.*
**ҚЫЗЫЛШАҚА** сын. **1.** *Құс балапанының жұмыртқаны жарып шыққаннан кейінгі 15-20 күн аралығындағы кезі.* **2.** *Жұмыртқадан жаңа шыққан (балапан).* **3.** *Тықыр, жалаңаштанған.* **4.** *Жидіп, түлеген (тері).* **5.** *Қып-қызыл, әлі өсіп жетілмеген, жаңа туған.* **6.** *Шиқандай қып-қызыл.*
**Қызылшақа бота.** *Шала туылған бота.* **Қызылшақа етті.** *Тып-тықыр етіп жүнін жұлып, қырқып алды.*

**ҚЫЗЫЛШАШЫ** зат. *Қызылша өсірумен айналысушы.*

**ҚЫЗЫЛШЕКЕ: қызылшеке болды.** а) *Әбден төбелесті, бет-аузын қан қылды, аянбай жұдырықтасты.* ә) *Ұрсысып-таласты, жанжалдасты.*

**Қызылшеке етті.** *Қырқыстырды, айтақтады.*

**ҚЫЗЫЛШУ** зат. вет. *Саулық малдың ауруы.*

**ҚЫЗЫЛШЫ** зат. **1.** саят. *Аңшыға ілесіп жүретін қосшы.* **2.** ауыс. *Жылт еткенге, әдеміге қызығушы, құмартушы.*

**ҚЫЗЫЛШЫЛ** сын. **1.** *Етқұмар, қызыл жанды.* **2.** ауыс. *Жылтыраған, әдеміге елік-кіш, құмартқыш.*

**ҚЫЗЫЛШЫРАЙЛАН=** ет. *Алаулану, қызару.*

**ҚЫЗЫЛШЫРАЙЛЫ** сын. *Бетінен қаны тамған, алмадай.*

**ҚЫЗЫЛІЗШІЛЕР** зат. совет. *Революция мен азамат, Отан соғыстарының ардагерлері туралы мәлімет жинаушылар немесе тұрған жеріне байланысты тарихи мәліметтер іздеп, жинаумен шұғылданатын жастар тобы.*

**ҚЫЗЫМПАЗ** сын. *Тез еліге кететін, қызба.*

**ҚЫЗЫМПАЗДАУ** сын. *Тез қызатын, қызуқандылау.*

**ҚЫЗЫН=** ет. **1.** *Жылу табына қақтану, қыздырыну.* **2.** ауыс. *Делебесі қозу, елеуреу, көтерілу.*

**ҚЫЗЫНДЫР=** ет. *Еліктіру, қыздыру.*

**ҚЫЗЫНУ** *Қызын етістігінің қимыл атауы; қыздырыну.*

**ҚЫЗЫҢҚЫ** сын. *Аздап ішімдік ішкен, масаңдау.*

**ҚЫЗЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Делебесі қозыңқырау, желігіңкіреу.* **2.** *Ішімдік ішіңкіреп, масаңдау, аздап қызу.*

**ҚЫЗЫҢҚЫРАУ** *Қызыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЗЫР** [ар. خضر] зат. миф. *Халық аңыздарында көбіне ақ сақалды қария кейпінде елес беретін әулие; жолаушылар пірі, қыдыр.*

**Қызыр әликсалам шылауыңда болсын.** *Қыдыр жолдасың болсын деген мағынада.* **Қызыр дарысын!** тілексөз. *Астығың мол болсын деген мағынада.* **Қызыр қонды [шалды, дарыды, жайлады, қолдады].** миф. *Киелі пір жебеп, тілегі, жолы болды.*

**ҚЫЗЫС=** ет. *Елеуресу, даурығысу.*

**ҚЫЗЫСУ** *Қызыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫҚЫҚТА=** ет. *Үзіп-үзіп қырылдап, көмейінен күлу.*

**ҚЫҚЫҚТАУ** *Қықықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫҚЫЛЫҚТА=** ет. *Қық-қық етіп, үзік-үзік дыбыс шығару.*

**ҚЫҚЫЛЫҚТАУ** *Қықылықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛ** зат. **1.** *Жал-құйрықтың, кекілдің жіңішке талдары.* **2.** *Жалпы қылшық, түк, жүнжұрқа.* **3.** тех. *Арнаулы мақсатта қолданылатын бүгілген, иілген жіңішке сым.*

**Қыл арқан.** а) *Жылқының жалы мен құйрығынан есілген, сусып тұратын жуан жіп.* ә) *«Бұғау», «өлім» деген мағынада.* **Қылға тізді.** *Түгін қалдырмай жиып-теріп, жіпке тізді.* **Қылға ілініп тұр.** *Қиын жағдайға тап болды, қауіпті күйге түсті.* **Қылдан қылшық айырды.** *Ақ-қарасын анықтады.* **Қылдан тайды.** *Жаңсақ кетіп, жаңылды, қате басты, жаңылды, әділдіктен кетті.* **Қыл жалаулы.** *Қыл тағылған жалауы бар.* **Қыл желке.** *Мойын тұс.* **Қыл жуытпады.** *Жуып-шайып, кір келтірмеді, қорғаштады.* **Қыл жұтты.** *Арамдық істеді, сұғанақтық жасады.* **Қыл кеңірдектен қысты.** *Жан алқымнан алды.* **Қыл қабатын қылыш.** *Жалманы аса өткір, таңдаулы қылыш.* **Қыл қапқан.** *Аса өткір, қылпып тұрған.* **Қыл қимылдатпады.** *Түк істетпеді.* **Қыл мойын.** а) *Мойынның денемен жалғасқан жері.* ә) *Жіңішке, ұзын мойын.* **Қыл мойынға тақады.** *Өлім халіне келді, өлер жеріне жақындады.* **Қыл үстінде [ұшында].** *Мүшкіл халде, қиын жағдайда.* **Қыл шайнап, дән жұтпады [жұтқан жоқ].** *Жамандық іс жасамады.* **Қыл шапан.** *Түкті, түгі шыққан шапан.* **Қылы қылшығы қисаймады.** *Ештеңесі кетпеді, шығын болмады, дәнеңесі кетпеді деген мағынада.* **Қылы сынбады.** *Қоңын бермеді, арықтамады; шығынға ұшырамады.*

**ҚЫЛ=** ет. *Қимыл-әрекет жасау, істеу, ету.*

**Қыласыны қылды.** *Көрмегенді көрсетті, істемегені қалмады.* **Қылмағанды қылды.** *Қорлық көрсетті, істемегенді істеді.*

**ҚЫЛАҒАЙ**[1] зат. малшар. *Қоспақ пен айыр түйеден туған әлсіз, осал тұқым.*

**ҚЫЛАҒАЙ**[2] зат. кәс. *Шортанның қылтаннан үлкен, шорағайдан кішісі.*

**ҚЫЛАҒАЙ**[3] сын. жерг. *Дене бітімі нәзік, әлжуаз.*

**ҚЫЛАҒАЙЛАУ** сын. жерг. *Нәзіктеу келген, әлжуаздау.*

**ҚЫЛАЙ=** ет. *Бозару, ағарып көріну.*

**ҚЫЛАМЫҚ** сын. *Жұқалаң күйде селдір түсіп тұрған, қылаулаған.*

**ҚЫЛАМЫҚТА=** ет. *Ілбіп, қылаулап жауу.*

**ҚЫЛАМЫҚТАН=** ет. *Ілбу, қылаулану.*

**ҚЫЛАМЫҚТАУ** *Қыламықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАҢ**[1] сын. *Бозғыл түсі басым, ағараңдаған, ақшыл.*

**Қылаң берді.** *Бозғыл тартты, ағараңдады.* **Қылаң боз.** *Бозғылт, бозғылтым.*

**ҚЫЛАҢ**[2] сын. *Қылт-сылт етіп бұлтақтаған, құбылмалы.*

**Қылаң берді.** *Қараңдады, байқалды; қылт етіп көрінді.* **Қылаң етті.** *Қылт беріп көрінді.* **Қылаң қақты.** *Жымыңдап, қуақыланды; кербездeніп сылаңдады.* **Қылаң ұрды.** а) *Қылаңдады, бұлтақтады.* ә) *Құрақ ұшты, бәйек болды.*

**ҚЫЛАҢДА**[1]**=** ет. **1.** *Айнала бозғыл тартып, жарық түсе бастау.* **2.** *Ақ түске ену, ағару.*

**ҚЫЛАҢДА**[2]**=** ет. **1.** *Сәтке қылт-қылт етіп көріну.* **2.** ауыс. *Сылаң қағып, бұлаңдай қозғалу.*

**ҚЫЛАҢДАН=** ет. **1.** *Бозғылдану, жарық түсе бастау.* **2.** *Ағараңдау.*

**ҚЫЛАҢДАНУ** *Қылаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАҢДАТ=** ет. *Бозғыл тарту, жарық түсіру.*

**ҚЫЛАҢДАТУ** *Қылаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАҢДАУ**[1] сын. *Бозғылдау келген, ақшылдау.*

**ҚЫЛАҢДАУ**[2] *Қылаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАҢ-ҚЫЛАҢ: қылаң-қылаң етті.** а) *Бұлдырап көрінді, ағараңдады.* ә) *Әрлі-берлі тез-тез қозғалақтады.*

**ҚЫЛАҢ-СЫЛАҢ** сын. *Сыланып-сипанып қылмыңдаған, қылтыңдаған.*

**ҚЫЛАҢЫТ=** ет. *Ақшыл тарту, бозаңыту.*

**ҚЫЛАҢЫТУ** *Қылаңыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАП**[1] зат. жерг. **1.** ***Қиянат.*** **2.** *Әділетсіздік, кінәрат.*

**ҚЫЛАП**[2] сын. жерг. *Өз ісіне ұқыпты, жинақы, ширақ.*

**ҚЫЛАПАТ** зат. ***Жанжал.***

**ҚЫЛАПСЫЗ** сын. *Ешбір қылауы жоқ, кіршіксіз; мінсіз.*

**ҚЫЛАС: қылас қылды.** *Құтқарды, аман алып қалды.*

**ҚЫЛАУ**[1] зат. **1.** *Сілбілеп, ұшқындап түсетін жұқалаң ұлпа қар.* **2.** терм. *Ауадағы су буынан немесе салқын тұман тамшыларынан түрлі заттар бетіне, ағаш бұтақтарына қататын мұз қабығы.* **3.** ауыс. **Қылау бұзау.** *Тілінің үсті әр жерінен қызара бөртіп, іші өтіп, жүдей бастаған бұзау. Шаш пен сақал-мұртқа түсе бастаған ақ.*

**Қылау шалды [түсті].** *Шашқа, сақал-мұртқа ақ түсе бастады.*

**ҚЫЛАУ**[2] зат. **1.** *Басқа нәрсе, көлденең зат.* **2.** ауыс. *Бөтен, бөгде, жат ой.*

**Қылау салмады.** *Нұқсан келтірмеді, дақ түсірмеді.* **Қылау түспеді [түскен емес].** *Дақ түспеді, нұқсан келмеді.* **Қылау түсті.** *Көңілге кірбің араласты.* **Қылау түсірмеді [жұқтырмады, жуытпады, тигізбеді].** *Дақ түсірмеді, кір келтірмеді.* **Қылауына қыл жуытпады.** *Астыүстіне түсіп күтті, ешкімге тигізбей баптады.*

**ҚЫЛАУ**[3] зат. **1.** *Кескіш бұйымның қайралған жүзінен толық түспей қалған іртік-іртік бүршік.* **2.** *Кішкене жылтыр тас, қабыршақ тас.*

**Қылауы түспеген.** а) *Судай жаңа, жап-жаңа.* ә) *Әлі жаңа, көп уақыт өтпеген.*

**ҚЫЛАУ**[4] зат. вет. *Көбіне мал төлдері және терісі бағалы аңдарда кездесетін жұқпалы ауру; қоздырғышы Entero-vacteriaceoe тұқымдасына жататын сальмонелл таяқшасы.*

**ҚЫЛАУДАЙ** сын. *Титтей де, зәредей.*

**ҚЫЛАУЛА=** ет. **1.** *Себелеп ұшқындаған жұқалаң қар түсу.* **2.** ауыс. *Шашқа, қасқа ақ кіре бастау.*

**ҚЫЛАУЛАН=** ет. **1.** *Жұқалаң қардың себелеуі.* **2.** ауыс. *Шашқа ақ түсу.*

**ҚЫЛАУЛАНУ** *Қылаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАУЛАТ=** ет. **1.** *Себелету, қылаулана түсу.* **2.** ауыс. *Ағараңдату, шашқа ақ түсу.*

**ҚЫЛАУЛАТУ** *Қылаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАУЛАУ**[1] зат. *Алтын ерітіндісін түтікпен үрлеп, заттың бетіне жұқалтаң етіп ұстату әдісі.*

**ҚЫЛАУЛАУ**[2] *Қылаула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАУСЫЗ** сын. **1.** *Кіршіксіз, таза; мінсіз.* **2.** ауыс. *Риясыз, күдіксіз.*

**ҚЫЛАУЫЗ** зат. жағымсыз. *Өсекші, сөзуар.*

**ҚЫЛАУЫҚ** зат. *Бедері ұсақ, шағын егеу.*

**ҚЫЛАУЫТ=** ет. *Қылаңытып көріну.*

**ҚЫЛАУЫТУ** *Қылауыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛАУЫШ** зат. *Қылдан жасалған қалам.*

**ҚЫЛАЯҚ** шыл. жерг. *Ең соңы, ақыры.*

**ҚЫЛБУЫТ** сын. *Тар, жіңішке.*

**ҚЫЛБУЫТТА=** ет. *Кішірейту, жіңішерту.*

**ҚЫЛБУЫТТАН=** ет. *Жіңішкеру, тарылу.*

**ҚЫЛБҰРАУ** зат. көне. этн. *Ертеде жаза ретінде санды буып, қинау үшін қылдан есілген қысқалау арқан.*

**Қылбұрау салды.** *Қылбұраумен буып, қатты қинады.*

**ҚЫЛҒУ** *Қылғы етістігінің қимыл атауы; жалмау, жұтып жіберу.*

**ҚЫЛҒЫ=** ет. **1.** *Бір-ақ жалмап, жұтып жіберу.* **2.** ауыс. *Өз пайдасына асыру, жеп қою.* **3.** ауыс. *Жою, жоқ қылу.*

**ҚЫЛҒЫЗ=** ет. *Қылдыру, істету.*

**ҚЫЛҒЫЗУ** *Қылғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҒЫН=** ет. **1.** *Тыныс тарылып булығу, буыну.* **2.** *Телміре, дәмелене қарап, түкірігін жұтыну.*

**ҚЫЛҒЫНДЫР=** ет. *Тамақтан алу, қысу, буындыру.*

**ҚЫЛҒЫНДЫРУ** *Қылғындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҒЫНТ=** ет. *Қылғындыру, буындыру.*

**ҚЫЛҒЫНТУ** *Қылғынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҒЫНУ** *Қылғын етістігінің қимыл атауы; телміре, дәмелене жұтыну.*

**ҚЫЛҒЫТ=** ет. *Бір-ақ жалмап жұту.*

**ҚЫЛҒЫТУ** *Қылғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛДА=** ет. *Қылын алу, қылдан тазарту.*

**ҚЫЛДАЙ** сын. **1.** *Қылдырықтай, жіп-жіңішке; нәзік.* **2.** ауыс *Титтей, зәредей.*

**Қылдай бөлді**. *Тепе-тең етіп, қақ жарды.*

**ҚЫЛДУ-СЫЛДУ**: **қылду-сылду болды**. *Олай болды, былай болдымен іс нәтижесіз қалды.*

**ҚЫЛДЫР=** ет. *Қылғызу, жасату.*

**ҚЫЛДЫРЫҚ** зат. *Жіңішке, мықты жіп, сым.*

**ҚЫЛДЫРЫҚТАЙ** сын. **1.** *Жіп-жіңішке, қылдай.* **2.** ауыс *Нәзік, әлсіз.*

**ҚЫЛДЫРЫҚТАН=** ет. *Кушию, жіңішкере түсу.*

**ҚЫЛДЫРЫҚТАНУ** *Қылдырықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАЙ=** ет. сөйл. ***Қылжи.***

**ҚЫЛЖАЙТ=** ет. сөйл. ***Қылжит.***

**ҚЫЛЖАЙТУ** *Қылжайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАҚ** зат. экспр. **1.** *Сайқымазақ, орынсыз бұрма, тәлкек сөз.* **2.** *Орынсыз сөйлейтін, дөрекі ауыз.*

**Қылжағына көнбеді [көне қоймады].** *Мазағына көнбеді, қарсы тұрды.* **Қылжаққа айналдырды.** *Сайқымазақ қылды, тәлкек етті.* **Қылжақ қылды.** *Күлкі қылды, мазақ етті, келемеждеді.*

**ҚЫЛЖАҚБАС** сын. экспр. *Былапыт сөйлеп, дөрекілеу әзілдесетін, бейпіл ауыз.*

**ҚЫЛЖАҚБАСТЫҚ** зат. *Дөрекілеу әзілдесетіндік, бейпілауыздық.*

**ҚЫЛЖАҚТА=** ет. *Әзілдескен болып, аузына келгенін шату, бейпіл сөйлеу.*

**ҚЫЛЖАҚТАС=** ет. *Дөрекі әзілдесу, ауыздарына келгенді айту.*

**ҚЫЛЖАҚТАСУ** *Қылжақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАҚТАУ** *Қылжақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАҚШЫЛ** сын. *Әзілдегенсіп жосықсыз сөйлегіш.*

**ҚЫЛЖАЛАҚТА=** ет. экспр. **1.** *Жөн-жосықсыз сөйлеп, қиқаң-қиқаң ету.* **2.** ауыс *Бір нәрсені істегісі келмеу, айтқанға көнбеу.*

**ҚЫЛЖАЛАҚТАУ** *Қылжалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАЛАҢ** зат. экспр. *Қылжақ сөз аралас қиқақ.*

**ҚЫЛЖАЛАҢДА=** ет. *Қиқаң-қиқаң етіп, әрлі-берлі қозғалақтау.*

**ҚЫЛЖАЛАҢДАТ=** ет. жағымсыз. *Аузын қиқаңдату, қиқаң-қиқаң еткізу.*

**ҚЫЛЖАЛАҢДАТУ** *Қылжалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАЛАҢДАУ** *Қылжалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАҢ**[1] зат. экспр. *Орынсыз қалжың, қылжақ.*

**ҚЫЛЖАҢ**[2] елік *Кенеттен қиқаң, қисаң еткен, қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Қылжаң етті**. *Қиқаң етіп, сылқ құлады.*

**ҚЫЛЖАҢДА=** ет. сөйл. *Әрлі-берлі шайқалып, әзілдеген болып, аузына келгенін айту, жосықсыз сөйлеу.*

**ҚЫЛЖАҢДАУ** *Қылжаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖАРА** зат. ескі. *Байырғы кезде тұтқын қашып кетпес үшін май өкшесін тіліп, аттың ұсақталған қылын сол жерге сеуіп жасалатын жарақат (жоңғар қалмақтарының тұтқынға түскендерге жасайтын жарақаты).*

**ҚЫЛЖАЮ** *Қылжай етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖИ=** ет. **1.** *Сұлдері құрып, қалай болса, солай қисая кету.* **2.** ауыс *Мүрдем кету, өліп кету.*

**ҚЫЛЖИМА** сын. *Жеңілтек мінез.*

**ҚЫЛЖИТ=** ет. **1.** *Қисайту, құлату.* **2.** *Мерт қылу, сұлату.*

**ҚЫЛЖИТУ** *Қылжит етістігінің қимыл атауы; сұлату.*

**ҚЫЛЖИЫС** зат. *Сұлап түскен жатыс, қалай болса, солай қисая кеткен күй.*

**ҚЫЛЖИЫС=** ет. *Қисайысу, қатар жату.*

**ҚЫЛЖИЫСУ** *Қылжиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖИЮ** *Қылжи етістігінің қимыл атауы; қисаю.*

**ҚЫЛЖЫҢ** зат. экспр. *Орынсыз қалжың, қылжақ.*

**ҚЫЛЖЫҢБАСТЫҚ** зат. сөйл. ***Қылжақбастық.***

**ҚЫЛЖЫҢДА=** ет. *Жосықсыз сөйлеу, қылжақтау.*

**ҚЫЛЖЫҢДАС=** ет. *Бірге қылжыңдау, қылжақтасу.*

**ҚЫЛЖЫҢДАСУ** *Қылжыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖЫҢДАУ** *Қылжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЖЫР** сын. *Қитар, қыли көз.*

**ҚЫЛЖЫРЛЫҚ** зат. *Қылжақтық.*

**ҚЫЛИ** сын. *Қитар көз, шапыраш.*

**ҚЫЛИЛАН=** ет. *Көру бағыты қалыпты күйден ауытқып, қисаю, шапыраштану.*

**ҚЫЛИЛАНУ** *Қылилан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛИЛАУ** сын. *Көзі қисықтау, қитарлау, шапыраштау.*

**ҚЫЛИЛЫҚ** зат. мед. <лат. strabismus> *Көз қалпындағы сәйкессіздік, шапыраштық; екі көздің көру бағытының бір нүктеде түйіспеуі.*

**ҚЫЛКӨПІР** зат. **1.** *Діни наным бойынша, жәннатқа барар жолдағы лаулап жанып тұрған тамұқ отының үстінен өтетін, қылыштың жүзінен де жіңішке, өткір, азапты, ауыр өткел.* **2.** *Басқа іс түскен қиын-қыстау, тар кезең.* **3.** *Қиын сынақ.*

**ҚЫЛКӨПІРДЕЙ** сын. *Өте жіңішке, өтуге қиын.*

**ҚЫЛКҮПЕК** зат. мед. <грек. phimosis> *Ер адамның жыныс мүшесінің басын жауып тұратын терінің тарылуы түріндегі кемістік.*

**ҚЫЛҚ** елік. *Сұйық затты жұтқанда естілетін қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Қылқ еткізді.** *Қылғытып жұтып жіберді.* **Қылқ етті.** *Бірден жұтылып кетті.*

**ҚЫЛҚА**[1] зат. қолөнер. *Ешкі терісінен тігілген жаға.*

**ҚЫЛҚА**[2] сын. *Қылдырықтай жіңішке.*

**Қылқа мойын**. *Жіңішке, қылдай (мойын).*

**ҚЫЛҚАЗАН** зат. жерг. *Кішкентай қазан.*

**ҚЫЛҚАЙЫҚ** зат. спорт. *Бір, екі, үш ескекшіге арналған тесік орындары, қақпағы бар, үсті жабық спорттық еспе қайық.*

**ҚЫЛҚАЛАМ** зат. **1.** *Кескіндеме, графика т.б. өнерінде кенепке, қағазға бояу жағу үшін қолданылатын құрал.* **2.** инф. <ағыл. brush> *Сурет салу бағдарламасында (paint program), Windows жүйесіндегі графикалық редакторларда әртүрлі фигуралармен және сызықтармен шектелген тұйық аудандарды бояу үшін, таңдап алынған түспен және мәнермен сурет салуға арналған аспап.*

**ҚЫЛҚАН** зат. **1.** бот. *Мәңгі жасыл ағаштарда (бұталарда) жапырақ орнына өсетін тікенек.* **2.** *Балық етінің арасындағы ұсақ сүйек, қылтық.* **3.** *Дәнді дақылдардың көбінің масағына біткен жіңішке талшық, қылтанақ.*

**Қылқан жапырақты.** бот. *Жіңішке, тікенекті жапырағы бар.* **Қылқан жапырақтылар**. бот. <лат. coniferales> *Сұректі ағаш және бұта түрінде өсетін ашық тұқымды өсімдіктер класы.* **Қылқан кескендей.** *Уылжыған, өрімдей жас.* **Қылқан селеу**. өс. <лат. stipa capillata> *Астық тұқымдасы, қау туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЛҚАНДАЙ** сын. *Өрімдей уылжыған, өндірдей жас.*

**ҚЫЛҚАНДЫ** сын. *Қылқаны бар, қылқаны көп.*

**Қылқанды арпа**. өс. <лат. hordeum crinitum> *Астық тұқымдасы, арпа туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЛҚАНКЕСТІ** сын. *Уылжыған, өрімдей.*

**ҚЫЛҚАҢДА=** ет. *Бір нәрсенің деңгейінен көрінер-көрінбес боп қалт-құлт ету.*

**ҚЫЛҚАҢДАТ=** ет. *Қалт-құлт еткізу.*

**ҚЫЛҚАҢДАТУ** *Қылқаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚАҢДАУ** *Қылқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚАРА** зат. *Атлас сияқты матаның түрі.*

**Қылқара ат.** *Сұліктей қара ат.*

**ҚЫЛҚИ=** ет. **1.** *Ұп-ұзын болып сораю, сидию.* **2.** *Көзін тігіп, қадалып тұрып алу.*

**ҚЫЛҚИҒАҚ** зат. муз. *Скрипка, қобыз сияқты музыка аспаптарында ойнау үшін қолданылатын, ұзына бойына қыл тартылған таяқша.*

**ҚЫЛҚИТ=** ет. *Сорайту, сопиту.*

**ҚЫЛҚИТУ** *Қылқит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚИЫС** зат. *Сорайып, қадала тұрып алған күй.*

**ҚЫЛҚИЮ** *Қылқи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚ-ҚЫЛҚ** елік *Қылқылдаған дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз.*

**Қылқ-қылқ жұтты.** *Үсті-үстіне қылғи берді.*

**ҚЫЛҚОБЫЗ** зат. этн. муз. *Көптеген түркі халық-тарында кездесетін қос ішекті, ысқымен тартылатын музыка аспабы.*

**ҚЫЛҚОБЫЗШЫ** зат. муз. *Қылқобызда ойнайтын, қылқобыз тартатын адам.*

**ҚЫЛ-ҚОҚЫС** зат. *Былғаныш көң-қоқыр, қорбай-жербай.*

**ҚЫЛҚҰЙРЫҚ**[1] зат. *Жалпы жылқы атауы.*

**Қылқұйрық шығарды [етті].** көне. этн. *Атқа мінуге жарамды еркектердің бәрін жаппай майданға шығарды.*

**ҚЫЛҚҰЙРЫҚ**[2] зат. зоол. <лат. syrrhaptes paradoxus> *Түсі қара жолақты келген сарғыш қоңыр, құйрық қауырсыны ұшкір шіл тектес дала құсы.*

**Қылқұйрық бұлдырық**. зоол. <лат. sirrhaptex paradoxus> *Кептертәрізділер отряды, бұлдырық тұқымдасына жататын құс.*

**ҚЫЛҚҰЙРЫҚТЫ** зат. сөйл. ***Қылқұйрық.***

**ҚЫЛҚҰРТ**[1] зат. вет. *Құлынның тіліне түсетін жара; малдың ішегінде ұялайтын ұзындығы жарты құлашқа жететін жылқы қылындай басы қара, сарғылт түсті сорғыштар.*

**ҚЫЛҚҰРТ**[2] зат. өс. *Крестгүлділер тұқымдасына жататын біржылдық жабайы өсімдік.*

**ҚЫЛҚЫ=** ет. сөйл. *Қылғу.*

**ҚЫЛ-ҚЫБЫР** зат. *Жүн-жұрқа, қылшық.*

**ҚЫЛҚЫЛДА**[1]**=** ет. *Ернеуге, жиекке дейін жетіп шүпілдеу.*

**ҚЫЛҚЫЛДА**[2]**=** ет. *Қайта-қайта қоймай сұрап, әбден мазаны алу.*

**ҚЫЛҚЫЛДАС=** ет. *Мазасын алысу, маза бермеу.*

**ҚЫЛҚЫЛДАСУ** *Қылқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қылқ-қылқ еткен дыбыс шығара үздіксіз біркелкі жұту.* **2.** ауыс. *Қақсату, қайта-қайта мазалау.*

**ҚЫЛҚЫЛДАТУ** *Қылқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫН=** ет. сөйл. ***Қылғын.***

**ҚЫЛҚЫНДЫР=** ет. сөйл. ***Қылғындыр.***

**ҚЫЛҚЫНДЫРУ** *Қылқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫНУ** *Қылқын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫҢ** елік *Кенеттен қылтың етіп өзін қорғаған қимылды бейнелеу үшін қолданылатын сөз.*

**Қылқың еткізді**. *Мойнын созып қалды.* **Қылқың етті.** *Қылт ете қалды.*

**ҚЫЛҚЫҢДА=** ет. *Қылтың-қылтың етіп, сәл ғана қозғалақтау.*

**ҚЫЛҚЫҢДАС=** ет. *Мойындарын созысу.*

**ҚЫЛҚЫҢДАСУ** *Қылқыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫҢДАТ=** ет. *Қылқың еткізіп, мойнын қайта-қайта созу.*

**ҚЫЛҚЫҢДАТУ** *Қылқыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫҢДАУ** *Қылқыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛҚЫҢ-ҚЫЛҚЫҢ** елік *Кенеттен қайта-қайта қылқыңдаған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Қылқың-қылқың еткізді**. *Қайта-қайта мойнын созды, қылтың-қылтың еткізді.*

**ҚЫЛМАЙҚАН** зат. анат. *Еркек жыныстылардың жыныс мүшесінің денеге ұласар жері.*

**ҚЫЛМАҢ** сын. *Неше құбылған, бөлденіп түрленген.*

**Қылмаң қақты [етті].** *Қылмыңдап күлім деді.*

**ҚЫЛМАҢДА=** ет. сөйл. ***Қылмыңда.***

**ҚЫЛМАҢДАТ=** ет. *Қылмаң-қылмаң еткізу.*

**ҚЫЛМАҢДАТУ** *Қылмаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМАҢДАУ** *Қылмаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМАҢ-ҚЫЛМАҢ: қылмаң-қылмаң етті.** сөйл. ***Қылмың-қылмың етті.***

**ҚЫЛМИ=** ет. *Қылтиып сәндену, әсемдену.*

**ҚЫЛМИТ=** ет. *Сәндендіру, әсемдеу.*

**ҚЫЛМИТУ** *Қылмит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМИЮ** *Қылми етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМЫҢ** сын. *Іш-бауырға кіріп, қылымсыған, жылмың.*

**Қылмың қақты [етті].** *Күлмеңдеп жылмыңдады, күлмең қақты.*

**ҚЫЛМЫҢДА=** ет. *Қылмың-қылмың ету, жылмың қағу.*

**ҚЫЛМЫҢДАС=** ет. *Қылмың-қылмың етісу, жылмыңдасу.*

**ҚЫЛМЫҢДАСУ** *Қылмыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМЫҢДАТ=** ет. *Қылмың-қылмың ету, қылымсу.*

**ҚЫЛМЫҢДАТУ** *Қылмыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМЫҢДАУ** *Қылмыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛМЫҢ-ҚЫЛМЫҢ: қылмың-қылмың етті.** *Күлмеңдеп, жылмың қақты.*

**ҚЫЛМЫС** зат. **1**. *Қоғамдық құрылыс пен жеке бастың мүддесіне қарсы бағытталған іс-әрекет.* **2.** құқық. *Қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік.* **3.** ауыс. *Жалпы тәртіпке, жөн-жосыққа жат, жарамсыз қылық, күнә.*

**Қылмыс жасады.** *Қылмыс істеді, заңға қайшы іс істеді.* **Қылмыс кодексі**. құқық. *Айыпты іске қолданатын заңдар жинағы.* **Қылмысқа дайындалу.** құқық. *Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау.* **Қылмысқа қатысушы.** құқық. *Қасақана қылмыс жасауға бірлесіп қатысқан екі немесе одан да көп адам.* **Қылмыс құралы.** құқық. *Қылмыстық құқық пен қылмыстық іс жүргізу құқығында қылмыскер қолданған қандай да бір зат.* **Қылмыс социологиясы**. құқық. *Қылмыстың әлеуметтік-психологиялық жақтарын, себептерін және оны алдын алу, болдырмау шараларын зерттейтін социология ғылымының саласы.* **Қылмыстардың жиынтығы**. құқық. *Екі не одан да көп қылмыстық әрекеттердің шоғыры.* **Қылмыстың алдын алу.** құқық. *Қылмыс жасауға қолайлы жағдайлар мен оның себептерін азайтуға, жоюға, сақтандыруға, құқық бұзушылардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.* **Қылмыстың қайталануы.** құқық. *Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін сотталығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы.* **Қылмысты тіркеу**. құқық. *Қылмыстың алдын алуда, анықтауда, жылдам әрі толық ашуда пайдаға асатын нысандарды тіркеу жүйесі.* **Қылмысты іздестіру**. құқық. *Құқық қорғау органдары қызметінің бір түрі.*

**ҚЫЛМЫСКЕР** зат. құқық. *Қылмыс жасаушы адам, яғни мемлекеттің қылмыстық заңында қылмыс деп көрсетіліп, жаза белгілеу арқылы тыйым салынған әрекеттің жасалуына кінәлі адам.*

**ҚЫЛМЫСКЕРЛІК** зат. *Қастандық істеп, айыпты болушылық.*

**ҚЫЛМЫСТАС** сын. *Істеген қылмысы, айыбы бір.*

**ҚЫЛМЫСТЫ** сын. **1.** *Қалыпты тәртіпке жат әрекет істеген, қылмысы бар. // Қылмыс жасаған адам.* **2.** ауыс. *Лайықсыз қылық көрсеткен, жазықты, айыпты, күнәлі.*

**Қылмысты іс**. заң. *Қоғам мүддесі мен біреудің жеке басына қастандық жасағаны үшін жүргізілетін іс.*

**ҚЫЛМЫСТЫҚ** сын. құқық. *Қылмыспен байланысты, қылмысқа қатысты.*

**Қылмыстық әрекетсіздік**. құқық. *Қылмыстық заң міндеттеген әрекетті орындамаушылық.* **Қылмыстық жауапкершілік**. құқық. *Құқықтық жауапкершіліктің бір түрі; қылмыстық құқықтық салдары – қылмыскерді жазалау түрінде көрініс табатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.* **Қылмыстық заң**. құқық. *Қылмысқа жататын қарекеттер мен оларды жасаған адамға берілетін жаза және басқа да мәжбүрлеу шаралары көрсетілген қылмыстық заңнама құжаты.* **Қылмыстық заңнама.** құқық. *Қылмыстық құқық нормаларын реттейтін құқықтық-нормативтік актілер жиынтығы.* **Қылмыстық құқық**. заң. *Қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаны айқындайтын заң нормаларының жиынтығынан тұратын құқық саласы.* **Қылмыстық психология.** психол. *Заң психологиясының бір саласы.* **Қылмыстық іс.** құқық. *Қылмыс белгілері анықталған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен қозғалатын іс.* **Қылмыстық іс жүргізу**. құқық. *Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура, сот органдарының өзге де мемлекеттік, қоғамдық, лауазымды адамдар мен азаматтардың қатысуы арқылы заңмен реттелген және құқықтық қатынастар түрінде белгіленген қызметі.* **Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы.** құқық. *Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін құқықтық-нормативтік акт.* **Қылмыстық істерді біріктіру**. құқық. *Бір қылмысқа не бір айыпталушыға қатысты дербес қылмыстық істерді бір іске айналдыру.*

**ҚЫЛМЫСШЫЛ** сын. *Қылмыс жасай беретін, қылмысқа жақын.*

**ҚЫЛП: қылп ете түсті.** *Секем алды, сезіктенді.*

**Қылп ете түсті.** *Сезіктенді, секем алды.* **Қылп еткізбеді [еткізер емес]**. а) *Қыбыр еткізбеді, тапжылтпады.* ә) *Бұлжытпай таныды, тап басты.* **Қылп етті.** *Қылт етіп көрінді, сәл ғана белгі берді.*

**ҚЫЛП: қылпын шалды [көрді].** *Болмашы нәрсені көрді, сезді.*

**ҚЫЛПУ** *Қылпы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛПЫ=** ет. *Өте өткір болып, лыпып тұру, қылпылдау.*

**ҚЫЛПЫҚ** зат. **1.** *Қылтиып көрінген болмашы нәрсе; қылтық.* **2.** *Жұп-жұқа үлпек қар.*

**Қылпық жұытпады**. *Еш нәрсе жұқтырмады.*

**ҚЫЛПЫҚСЫЗ** сын. *Шүбәсіз, күмәнсіз.*

**ҚЫЛПЫЛДА=** ет. **1.** ауыс. *Өте өткір болу, қылпу.* **2.** ауыс. *Секемдену, дәті шыдамау, төзімі жетпеу.* **3.** ауыс. *Зыр қағу, лыпылдау.*

**ҚЫЛПЫЛДАТ=** ет. *Өткірлеу, лыпылдатып қайрау.*

**ҚЫЛПЫЛДАТУ** *Қылпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛПЫЛДАУ** *Қылпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛПЫН: қылпыны жоқ.** *Түгі, мамығы, қауырсыны жоқ.*

**ҚЫЛПЫТ=** ет. *Өткірлету, қайрау.*

**ҚЫЛПЫТУ** *Қылпыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛСАП** зат. *Тіс тазалайтын құрал (тіс щеткесі).*

**ҚЫЛТ** елік *Табан астында, лезде болатын қимылды білдіретін сөз.*

**Қылт еткізбеді.** *Бұлжытпай таныды, тап басты.* **Қылт еткізбес.** *Сезімтал, аңдағыш.* **Қылт етті**. а) *Қылаң етіп, көрініп қалды.* ә) *Реніш білдірді, кенеттен бұртия қалды.*

**ҚЫЛТА**[1] зат. *Мал аяғының бірнеше буыннан тұратын күрделі тұсы, тізенің астыңғы жағындағы әлсіз сіңір, тірсек.*

**Қылтасын қиды.** *Желкесін үзді, көзін құртты.*

**ҚЫЛТА**[2] зат. **1.** *Бұрылысты, қалтарысты тар жер, шатқал.* **2.** *Екі құрлықты біріне-бірін немесе түбекті құрлықпен жалғастыратын жердің ені, тар тұсы, мойнақ.*

**Қылта мойын.** *Жіңішке, әлсіз мойын.*

**ҚЫЛТАЛАН=** ет. *Жіңішке тарту, тарамдалу.*

**ҚЫЛТАЛАНУ** *Қылталан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТАЛАУ** сын. *Енсіздеу, тарлау.*

**ҚЫЛТАМАҚ** зат. мед. *Өңеште болатын қатерлі ісік; тамақтан ас өтпей қалатын ауру.*

**ҚЫЛТАМОЙНАҚ** зат. **1.** геогр. *Құрлықтың едәуір мөлшердегі екі бөлігін немесе екі материкті жалғастыратын енсіз құрлық жолағы.* **2.** сушар. *Салынып жатқан гидротехникалық құрылыстарды су басып қалмау үшін топырақпен қоршап жасалатын үйінді жал.*

**ҚЫЛТАМЫР**[1] зат. өс. *Батпақты жерлерде өсетін, сабағы жуандау, ал тамырлары өте жіңішке, әрі көп шөптесін өсімдік..*

**ҚЫЛТАМЫР**[2] зат. биол. <лат. vas, vasis – тамыр, capillus– түк> *Өте жіңішке, ұсақ, қабырғасы тым жұқа қан тамыры.*

**Қылтамыр суы.** сушар. <лат. capillarixs> *Таужыныстардың қуыстарында, бос түтікшелерде беттік тартылыс күші ұстап тұратын жерасты сулары.*

**ҚЫЛТАН** зат. сөйл. **1.** ***Қылпық.*** **2.** *Балықтың қылқаны, ұсақ сүйек.*

**ҚЫЛТАНАҚ**[1] зат. өс. <лат. lycopodiaceae> *Басында масақшасы болатын, қиығы таспа тәрізді, құмды, тасты жерлерде өсетін тік сабақты шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЛТАНАҚ**[2] зат. **1.** *Дақылды өсімдіктердің масағы мен селеу басына бітетін жіңішке қылтық.* **2.** сөйл. ***Қылқан.*** **3.** сөйл. ***Қылпық.***

**ҚЫЛТАНАҚ**[3] зат. зоол. *Омыртқасыз жануарлар сірқабығының қозғалмайтын немесе*

*қозғалатын, тұтас не іші қуыс, қорғаныш не сезу қызметтерін атқаратын өсінділері.*

**ҚЫЛТАНАҚСЫЗ** зат. өс. *Күздік бидайдың бір сорты.*

**ҚЫЛТАНАҚТА[1]=** ет. **1.** *Балық етіндегі ұсақ сүйек талшықтарын ажырату, бөліп шығару.* **2.** *Тамаққа балық сүйегі тұрып қалып, қақалу.*

**ҚЫЛТАНАҚТА[2]=** ет. *Әр жерден қылтиып көріне бастау.*

**ҚЫЛТАНАҚТАЙ** сын. **1.** *Тікірейген қатты.* **2.** ауыс. *Қылдай, құрттай; зәредей.*

**ҚЫЛТАНАҚТАН=** ет. *Әр жерден қылтиып көріну.*

**ҚЫЛТАНАҚТАНУ** *Қылтанақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТАНАҚТАУ** *Қылтанақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТАНАҚТЫ** сын. *Қылтанағы бар, қылтанағы көп.*

**Қылтанақты балықтар.** зоол. <лат. teleostei> *Сәуле қанатты балықтардың тобы.* **Қылтанақты дәлен.** өс. <лат. osmorhiza aristata>. *Биіктігі 30–80 см, сабағы жіңішке, жылтыр келген, гүлдері майда көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЛТАНДЫ** сын. *Қылтаны бар.*

**ҚЫЛТАНЖАҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. chaetognatha> *Омыртқасыз жануарлардың бір түрі.*

**ҚЫЛТАНҚҰЙРЫҚ** зат. өс. *Шөптің бір түрі.*

**ҚЫЛТАНСЫЗ** сын. *Қылтаны жоқ.*

**Қылтансыз арпабас.** өс. <лат. bromus inermis>. *Мал азығына пайдаланылатын, арпабас тұқымдасына жататын шөптің түрі.*

**ҚЫЛТАНШӨП** зат. өс. *Сабағы түзу, тегіс, әрі жалаңаш, тау беткейлерінде, құмды жерлерде өсетін, бидай сияқты біржылдық қылтанақты шөп.*

**ҚЫЛТАҢ[1]** зат. сөйл. *Қылпық, қылтан.*

**ҚЫЛТАҢ[2]** зат. *Қағаберіс тарлау жер, қылта.*

**ҚЫЛТИ=** ет. **1.** *Бүршік көрініп, енді ғана біліне бастау.* **2.** *Сәл ғана білініп, төбесі көріну.* **3.** *Көзге түсу, көріну.* **4.** ауыс. *Өкпелеу, ренжу, кею.* **5.** ауыс. экспр. *Сып-сидам болып, қылмию.* **6.** ауыс. *Қыздың бой жете бастауы.*

**ҚЫЛТИМА** сын. *Қылт ете қалғыш, өкпелегіш.*

**ҚЫЛТИТ=** ет. *Сәндеу, әдемілеу.*

**ҚЫЛТИТУ** *Қылтит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТИЫП-ҚЫЛТИЫП** үст. *Әр жерден бір көрініп.*

**ҚЫЛТИЮ** *Қылти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТ-ҚЫЛТ** елік *Тез қозғалған қимыл-әрекетті бейелейтін сөз.*

**Қылт-қылт етті.** *Төбесі анда-санда бір көрінді.*

**ҚЫЛТ-СЫЛТ: қылт-сылт етті.** *Қылтылдады, қылмаңдады; неше құбылды.* **Қылт-сылты көп.** *Мазасыз, күйбең, сабырсыз.*

**ҚЫЛТҰЗАҚ** зат. *Қылдан жасалған тұзақ.*

**ҚЫЛТЫҚ[1]** зат. өс. *Жайылымдық жерлерде, тау беткейлерінде өсетін биіктігі 20-50 см-дей, ұзын қылтанды, дәнді, эфемер.*

**ҚЫЛТЫҚ[2]** зат. **1.** *Жіп-жіңішке қылтан, қылпық.* **2.** сөйл. ***Қылтанақ.*** **3.** сөйл. ***Қылқан.***

**ҚЫЛТЫҚБОЗ** зат. өс. сөйл. ***Қылтық.***

**ҚЫЛТЫҚСЫЗ** сын. *Қылтығы жоқ.*

**Қылтықсыз арпабас.** <лат. bromus inermis> *Астық тұқымдасы, арпабас туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫЛТЫҚШӨП[1]** зат. өс. сөйл. ***Қылтық.***

**ҚЫЛТЫҚШӨП[2]** зат. өс. сөйл. ***Арпашөп.***

**ҚЫЛТЫЛДА=** ет. **1.** *Бір байқалып, бір жоқ боп, болар-болмас қана көріну.* **2.** ауыс. *Тынши алмай ойнақшу; тыпыршу.*

**ҚЫЛТЫЛДАТ=** ет. *Бір көрініп, бір жасырыну.*

**ҚЫЛТЫЛДАУ** *Қылтылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТЫҢ[1]** зат. экспр. *Құбылып наздангандық; қылаң-сылаң еткендік.*

**ҚЫЛТЫҢ[2]** елік *Кенеттен, оқыс қозғалған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Қылтың етті.** *Қылт етіп, көрініп қалды.*

**ҚЫЛТЫҢДА=** ет. **1.** *Болар-болмас қана әзер көріну.* **2.** ауыс. *Сан құбылып, қылмың қағу, ұшқалақтану.*

**ҚЫЛТЫҢДАТ=** ет. *Қайта-қайта басын көтеру.*

**ҚЫЛТЫҢДАТУ** *Қылтыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТЫҢДАУ** *Қылтыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛТЫҢ-ҚЫЛТЫҢ** елік. *Қайта-қайта қылт-қылт еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қылтың-қылтың етті.** *Әлсін-әлсін қылтыңдап көрініп қалды.* **Қылтың-қылтыңы жоқ.** *Бірсөзді, бірбеттік.*

**ҚЫЛТЫҢ-СЫЛТЫҢ** зат. экспр. *Жеңілтектік көрсетіп, қылмыңдаған мінез-қылық.*

**ҚЫЛУ** *Қыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛУА** зат. жерг. **1.** *Машық болған әрекет, қылық.* **2.** *Қылмыс, бұзық іс.*

**ҚЫЛУАТ** зат. сөйл. ***Қылует.***

**ҚЫЛУЕТ** [ар.خلوة] зат. діни. **1.** *Мүридтің бүкіл болмысы Аллаға арнап, Алладан басқа барлық нәрседен қол үзуі.* **2.** *Жерасты мінәжат үйі.*

**ҚЫЛША[1]** зат. бот. <лат. ephedra> **1.** *Қылша тұқымдасына жататын мәңгі жасыл бұтақтар немесе ағаш өсімдіктер тұқымдасы.* **2.** *Жемісі мен қылқанынан дәрі жасайтын (қазақ арасында құлін насыбайға қосатын) буынақ сабақты, мәңгі жасыл бұта.*

**Қылша мойын.** *Жіңішке мойын, сағақ.* **Қылша мойын талша [міне].** *Не істесең де еркің, бәріне де көндім деген мағынада.*

**ҚЫЛША[2]** зат. жерг. *Тамырынан қант дайындалатын, тамақ, жем ретінде пайдаланылатын бақша өсімдігі, қызылша.*

**ҚЫЛШАЛА=** ет. *Малды қылша өскен жерге жаю.*

**ҚЫЛШАЛАУ** *Қылшала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШАН** зат. көне. *Ертедегі батырлардың жебе салып жүруі үшін жылқының қылынан істелген оқ қабы, қорамсақ.*

**ҚЫЛШЫҚ** зат. **1.** *Жүннің ірі әрі қатқыл талшығы.* **2.** *Бір нәрсеге ілесе жүрген қыл-қыбыр, жүн-жұрқа, түк.*

**Қылшығы жығылмады [қисаймады, сынбады].** *Ештеңесі шығын болмады, шеті бұзылмады, мұрты кетілмеді.* **Қылшығы құрамады.** *Түгі де кетпеді, еш нәрсеге шығын болмады.* **Қылшығын алам деп, былшығын шығарды.** *Асқындырып алды, артық қылам деп, тыртық қылды.* **Қылшығына қылау түсірмеді.** *Шығын шығармады, аман ұстады.* **Қылшығын шалдырмады.** *Қолға түспеді, түгін де алғызбады.* **Қылшық жұқтырмады.** *Шаң жуытпады, кір келтірмеді.* **Қылшық жүн [-ді].** *Талшығы ірі, қатқыл жүн.* **Қылшық құйрықтылар.** зоол. <лат. thysanura> *Жәндіктердің бір отряды.*

**ҚЫЛШЫҚСЫЗ** сын. *Қылшығы жоқ, жұмсақ, биязы жүн.*

**ҚЫЛШЫҚТА=** ет. **1.** *Жүнді түтіп отырып қыл-қыбырын ажырату, тазалау.* **2.** *Пышақтың сыртымен арлы-берлі өткізіп, майды қыл-қыбырынан тазалау.* **3.** ауыс. *Егжей-тегжейіне жете, ұқшия тексеру, башайлау.*

**ҚЫЛШЫҚТАЙ** сын. *Қылшық сияқты, қылшық тәрізді.*

**ҚЫЛШЫҚТАЛ=** ет. *Қылшығынан тазартылу.*

**ҚЫЛШЫҚТАЛУ** *Қылшықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШЫҚТАН=** ет. *Қылшығы, жүні тікірею, түксию.*

**ҚЫЛШЫҚТАНУ** *Қылшықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШЫҚТАТ=** ет. *Қылшығынан тазартқызу.*

**ҚЫЛШЫҚТАТУ** *Қылшықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШЫҚТАУ** *Қылшықта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүнді қыбырынан тазартып түту.* **2.** *Майды қылшығынан тазарту.*

**ҚЫЛШЫҚТЫ** сын. *Қылшығы бар, қылшығы мол.*

**ҚЫЛШЫЛДА=** ет. **1.** *Өте өткір болып, қылпып тұру.* **2.** ауыс. *Жасы толу, бабына, кемеліне келу, толықсу.* **3.** ауыс. *Қатты суыту, қақау.*

**Қылшылдаған жас жігіт.** *Күш-қуаты бойынан тасып тұрған, нағыз еңбек ететін жастағы жігіт.*

**ҚЫЛШЫЛДАТ=** ет. *Өте өткір қылу, қылпылдату.*

**ҚЫЛШЫЛДАТУ** *Қылшылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШЫЛДАУ** *Қылшылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛШЫЛБЫР** зат. *Қылдан есілген шылбыр.*

**ҚЫЛЫ** зат. жерг. *Екі алапты қосып тұрған ені тар, қысталаң жер; қылта.*

**ҚЫЛЫҚ** [ар. خلق] зат. **1.** *Кісінің жеке басына тән әрекет-қимылдар түрі.* **2.** *Біреу тарапынан істелген ұнамсыз іс-әрекет.* **3.** *Кісіге тән жағымды мінез.* **4.** *Әдетте жас қызға тән ойнақы әрі назды, тартымды мінез, қимыл-әрекет.*

**Қылығы наз.** *Мінезі ерке.* **Қылығы өтті.** а) *Көресіні көрсетті, қатты қинады.* ә) *Ынтықтырды, әбден құмар қылды.* **Қылығы тәтті.** *Іс-әрекеті көңілге жағымды, сондай сүйкімді әдетте (жас бала туралы).* **Қылық көрсетті.** *Майысып-бұралып, әдемі қимылдап, көзге түсті (қыз туралы).* **Қылық шығарды.** а) *Оқыс мінез білдірді.* ә) *Назданып қылымсыды.*

**ҚЫЛЫҚСУ** *Қылықсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫҚСЫ=** ет. *Қылық көрсеткенсу; мінезді, сүйкімді көріну.*

**ҚЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Дөрекі мінезді, сүйкімсіз.*

**ҚЫЛЫҚТАН=** ет. *Қылмыңдап, қылықты мінезімен сүйкімді көріну.*

**ҚЫЛЫҚТАНУ** *Қылықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫҚТЫ** сын. *Мінез-құлқы сүйкімді, қимыл-қозғалысы тартымды.*

**Қылықты қыз.** *Мінезі, қылығы жақсы, ерке, назды қыз.* **Қылықты қыздай.** бейн. *Қыздай тартымды да сүйкімді.*

**ҚЫЛЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Мінез-құлықтағы тартымдылық, сүйкімділік.*

**ҚЫЛЫМДЫ** сын. *Жаман қылықты.*

**ҚЫЛЫМСУ** *Қылымсы етістігінің қимыл атауы; наздану, сызылу.*

**ҚЫЛЫМСЫ=** ет. **1.** жағымсыз. *Қысылған-қымтырылған болып, сызылып бәлсіну.* **2.** жағымды. *Назданып сызылу, қылығымен қызықтыру (қыз туралы).*

**ҚЫЛЫМСЫТ=** ет. *Сызылту, наздануту.*

**ҚЫЛЫМСЫТУ** *Қылымсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫС=** ет. *Жасасу, бірлесіп атқарысу.*

**ҚЫЛЫСУ** *Қылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫШ** зат. **1.** *Шауып түсуге лайықтап, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, балдақты имек қару.* **2.** этн. *Жүзін жұқарта жонып, ортасын дөңестеу етіп келтіріп, өрмек арқауын тығыздай түсуде қолданылатын, ұзындығы 12–15 см, жетесі қалыңдау, жалпақша ағаш құрал.* **3.** ауыс. *Шапқыншылық, жаулап алушылық.*

**Қылыш жүзінде.** *Қыл үстінде, қиын-қыстау жағдайда.* **Қылыш қияқ.** поэт. *Бүркіттің өткір қияғы.* **Қылыш қындай.** бейн. *Қылыштың қынындай жіп-жіңішке, жіптіктей.* **Қылыштан өткізді.** *Қырып салды, кескіледі, қырып-жой-*

*ды.* **Қылыштың астына алды.** *Қырғын салды, көресісін көрсетті.* **Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен.** *Күш көрсету, күшпен бітіру туралы айтылады.* **Қылыштың жүзіндей.** *Кесіп, ойып түсетіндей өткір, мұқалмайтын, тайсалмайтын.* **Қылышынан қан тамған.** *Қаһарына мінген, қатулы.* **Қылышынан қан тамды [тамызды, сорғалады].** *Қатты айбат көрсетті, қырып-жойды; зәрін төкті, қаһарына мінді; қатыгез болды.* **Қылышын қайрады.** *Ұрысқа дайындалды.* **Қылышын қайрап, найзасын өткірледі.** *Қаһарланып, ұдей түсті.* **Қылышын өзіне шайнатты.** поэт. *Жаулық, қара пиғылмен келгенге опық жегізді, жауын талқандады.* **Қылышын сүйретіп қыс келді.** бейн. *Қақаған, қаһарлы, аязды қыс түсті.*

**ҚЫЛЫШБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. pelecus cultratus> *Төменгі жақ сүйегі үстіңгісінен асыңқырап біткен, дене тұрқы ұзын, тұқы тұқымдасына жататын балық.*

**ҚЫЛЫШБАУ** зат. көне. **1.** *Қылыш салынған қынапты белге тағуға арналған бау.* **2.** жерг. *Күміс белбеу.*

**ҚЫЛЫШКЕР** зат. көне. *Әскери қимылдарда қылыштасып соғысуға арнайы жасақталған сарбаз, жауынгер.*

**ҚЫЛЫШКЕРЛІК** зат. көне. әск. *Қылыштасуға шеберлік.*

**ҚЫЛЫШСЫЗ** сын. *Қарусыз, кесіп-шабусыз.*

**ҚЫЛЫШТА=** ет. *Қылышпен шабу, кескілеу.*

**ҚЫЛЫШТАЙ** сын. **1.** *Қылыштың жүзіндей, өткір.* **2.** *Сойдиған, ұп-ұзын.* **3.** ауыс. *Қайсар, батыр, ержүрек, айтқанынан қайтпайтын, тайсалмайтын (адам).*

**ҚЫЛЫШТАЛ=** ет. *Қылышпен шабылу, кесілу.*

**ҚЫЛЫШТАЛУ** *Қылыштал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫШТАС=** ет. *Қылышпен кесісу, шабысу.*

**ҚЫЛЫШТАСУ**[1] зат. спорт. *Қылышты қолданудың әдісін жетік меңгеруге арналған әскери сайыс өнері.*

**ҚЫЛЫШТАСУ**[2] *Қылыштас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫШТАТ=** ет. *Қылышпен кескізу, шапқызу.*

**ҚЫЛЫШТАТУ** *Қылыштат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫШТАУ** *Қылышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫЛЫШТЫ** сын. *Қылышпен қаруланған.*

**ҚЫЛЫШТІСТІ: қылыштісті жолбарыс.** зоол. <лат. machairodus> *Миоцен және плиоцен дәуіріндегі қазбалардан табылған жоғарғы тістері жақсы жетілген мысық тұқымдасының бір түрі, махайрод.*

**ҚЫМ** зат. көне. *Найзаның ұшкір басы.*

**ҚЫМБАТ** сын. **1.** *Нарқы, құны артық, бағасы жоғары.* **2.** *Бәрінен артық, маңызды.* **3.** *Асыл, ардақты, жанға жақын, ыстық, құнды.* **4.** *Қымбатты, құрметті, қадірлі.* **5.** *Аса қажет, мұқтаж болғаннан құнды.* **6.** *Маңызды, мазмұнды, терең. // Қадірлі зат.*

**Қымбат жақыны [адамы, кісісі].** *Қадірлісі, аяулысы, құрмет тұтқан жанына жақын адамы.* **Қымбат кесті.** *Бағасын көтерді, қымбаттатты.* **Қымбат көрді.** а) *Баға-нарқы көптеу деп есептеді.* ә) *Қадірледі, артық санады.* **Қымбатқа түсті.** а) *Баға, нарқы жоғарылау болды.* ә) *Көп күш жұмсалды, бейнеті көп болды.* б) *Ауыр тиді, жанына батты.* **Қымбат қолды.** *Еңбегі жоғары бағаланатын (шебер).* **Қымбат тас.** сөйл. ***Асыл тас.*** **Қымбат тасты.** *Асыл таспен әшекейленген.*

**ҚЫМБАТСУ** *Қымбатсы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМБАТСЫ=** ет. **1.** *Қымбат көру, есептеу.* **2.** ауыс. *Әлдеқандай болу, бөлсіну, тәкаппарлану.*

**ҚЫМБАТСЫН=** ет. *Заттың нарқын жоғарылау, көптеу көру.*

**ҚЫМБАТСЫНУ** *Қымбатсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМБАТТА=** ет. **1.** *Бұйымдардың өзіндік құны жоғарылап, нарқы, бағасы көтерілу.* **2.** *Құны жоғарылау, мәртебесі биіктеу, парқы арту.*

**ҚЫМБАТТАН=** ет. *Бағасы көтерілу.*

**ҚЫМБАТТАНУ** *Қымбаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМБАТТАТ=** ет. **1.** *Бағасын көтерту, нарқын өсіру.* **2.** ауыс. *Еңбегін ерекше жоғары бағалау, бағасын асыру.*

**ҚЫМБАТТАТУ** *Қымбаттат етістігінің қимыл атауы; бағасын көтерту.*

**ҚЫМБАТТАУ**[1] сын. *Баға-нарқы белгілі шамадан артықтау, құны жоғарылау.*

**ҚЫМБАТТАУ**[2] *Қымбатта етістігінің қимыл атауы; бағаның жоғарылауы.*

**ҚЫМБАТТЫ** сын. **1.** *Бағасы жоғары, нарқы көтеріңкі.* **2.** *Асыл бағалы, пайдалы, құнды.* **3.** ауыс. *Аса құрметті, қадірлі, ардақты.* **4.** ауыс. *Аяулы, сүйікті, ынтық.* **5.** *Маңызды, қажетті, жанына жақын.*

**ҚЫМБАТТЫҚ** зат. **1.** *Бағасы, нарқы жоғарылық.* **2.** *Ерекше бағалылық, маңыздылық.* **3.** ауыс. *Бағасы артықтық, орны бөлектік, қадірлілік.* **4.** ауыс. *Тәттілік, құндылық, асыл болушылық, артық тұрушылық.* **5.** *Парқы артық болушылық.*

**ҚЫМБАТТЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қымбаттық.***

**ҚЫМБАТТЫМ** зат. **1.** *Әдетте сүйіктісіне айтылатын асылым, қол жетпесім, арманым деген сияқты мағынадағы жақсы көру нышанын білдіретін атауыш.* **2.** *Көбінесе еуропалықтарда жақсы көретін адамына қарата айтылатын қаратпа атауыш.*

**ҚЫМБАТТЫРАҚ** сын. **1.** *Бағасы, нарқы артығырақ, құны жоғарырақ.* **2.** *Қадірі артығырақ, орны бөлегірек.* **3.** *Жөні бөлек, орны ерекше, пайдалырақ.*

**ҚЫМБАТШЫЛЫҚ** зат. *Заттардың баға-нарқының тым көтеріліп, қымбаттап кетушілігі.*

**ҚЫМБАТЫРАҚ** сын. **1.** *Баға-нарқы жоғарырақ, артығырақ.* **2.** ауыс. *Өзгеге қарағанда орны бөлегірек, артығырақ.*

**ҚЫМ-ҒУЫТ** үст. *Бей-берекет, шым-шытырық; қарбалас, быж-тыж.*

**Қым-ғуыт болды.** *Аласапыран, қарбаласқа айналып, быж-тыж болды.*

**ҚЫМҚА** үст. көне. *Сәл ғана, әнтек.*

**ҚЫМҚА=** ет. сөйл. ***Қымта.***

**ҚЫМҚАП** зат. этн. *Алтынды, күмісті жіп араластырып тоқылған қалың жібек мата.*

**ҚЫМҚАУ** *Қымқа етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМ-ҚИҒАШ** сын. *Бей-берекеті кеткен, шым-шытырық, шытырман.*

**ҚЫМҚУ** *Қымқы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМ-ҚУЫТ** үст. сөйл. ***Қым-ғуыт.***

**ҚЫМҚЫ=** ет. сөйл. ***Қымқыр.***

**ҚЫМҚЫР=** ет. **1.** *Нәрсенің шетін ішке қарай жымыру, бүгу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені іштей бүгіп қалу, жасыру.* **3.** ауыс. *Бір затты, нәрсені білдіртпей шетінен ұрлап пайдалану.* **4.** ауыс. *Көзді ала бере білдірмей қағып кету, жымқыру.*

**ҚЫМҚЫРМА** зат. *Ұсақ-түйекті елеусіз іле кететін жымысқылық.*

**ҚЫМҚЫРУ** *Қымқыр етістігінің қимыл атауы; жымқыру, қағып кету.*

**ҚЫМҚЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ішке бүгілу.* **2.** ауыс. *Жымқырылу, ұрлану.*

**ҚЫМҚЫРЫЛУ** *Қымқырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМС** елік. *Елеусіз әрі қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қымс етсе.** *Қит етсе, қыбыр етсе болды.*

**ҚЫМСЫН=** ет. **1.** *Именіп, ұялып қалу, қысылып-қымтырылу.* **2.** жағымсыз. *Өтірік қуыстану, ар көргенсу.*

**ҚЫМСЫНДЫР=** ет. *Қысылдыру, ұялту.*

**ҚЫМСЫНДЫРУ** *Қымсындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМСЫНТ=** ет. *Ұялту, қысылту.*

**ҚЫМСЫНТУ** *Қымсынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМСЫНУ** *Қымсын етістігінің қимыл атауы; қысылу, ұялу.*

**ҚЫМСЫНЫҢҚЫРА=** ет. *Ұялып қысылыңқырау.*

**ҚЫМСЫНЫҢҚЫРАУ** *Қымсыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТА=** ет. **1.** *Жан-жағынан саңлау қалдырмай, айнала бітеу, тұмшалау.* **2.** ауыс. *Түгелдей басып қалу, жабу.* **3.** ауыс. *Бүркемелеу, жасыру.* **4.** *Айналдыра орап берік ұстау.*

**ҚЫМТАЛ=** ет. **1.** *Жан-жағынан саңылау қалмай бітелу, оралу.* **2.** ауыс. *Тұмшалану, жасырылу.*

**ҚЫМТАЛА=** ет. *Саңлау қалдырмай бітегіштеу.*

**ҚЫМТАЛАУ** *Қымтала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАЛУ** *Қымтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАЛЫП-ШЫМҚАН=** ет. *Төңірегінен саңылау қалмастай бүркеліп, тұмшалануы, жан-жағынан ашылмайтындай бітелу.*

**ҚЫМТАЛЫП-ШЫМҚАНУ** *Қымталып-шымқан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАН=** ет. **1.** *Саңлау қалдырмай айнала бітелу, тұмшалану.* **2.** ауыс. *Жасыру, тұйық болу, іштей тыну.*

**ҚЫМТАНУ** *Қымтан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бүркену, тұмшаланып орану.* **2.** ауыс. *Жасырыну, бұғыну.*

**ҚЫМТАНЫҢҚЫРА=** ет. *Жан-жағын бітеңкірей түсу.*

**ҚЫМТАНЫҢҚЫРАУ** *Қымтаныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАҢҚЫРА=** ет. *Жан-жағын бітеңкіреу, аздап бүркемелеу.*

**ҚЫМТАҢҚЫРАУ** *Қымтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАП-ШЫМҚА=** ет. **1.** *Жан-жағын бітегіштеу; айналдыра орағыштау.* **2.** ауыс. *Тұмшалап бүркеу, басып кету.* **3.** ауыс. *Білдірмей жауып жасыру.*

**ҚЫМТАТ=** ет. *Бүркету, жан-жағын бекітіп орату.*

**ҚЫМТАТУ** *Қымтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТАУ** *Қымта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Саңлау қалдырмай бекіту.* **2.** ауыс. *Бүркемелеу, жасыру.*

**ҚЫМТАУЛЫ** сын. *Ораулы, бүркеулі, жабық.*

**ҚЫМТУ** *Қымты етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫ=** ет. **1.** *Жымыру, қысып ұстау.* **2.** *Ішке қарай бүгу, жинақы ұстау.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені бүгу, жасыру.* **4.** ауыс. *Көзді ала беріп, қымқырып кету.* **5.** ауыс. *Ұқыппен үнемдеп жұмсау.*

**ҚЫМТЫЛ=** ет. **1.** *Жымырылып, қысылып ұсталу.* **2.** *Қапсырмалану, белден тартылу (киім үлгісі туралы).* **3.** ауыс. *Ұялып, қысылып қалу.*

**ҚЫМТЫЛУ** *Қымтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Жымырыңқырау, қысыңқырап ұстау.* **2.** ауыс. *Ешкімге сездірмей алу, жымқыру.*

**ҚЫМТЫҢҚЫРАУ** *Қымтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫР=** ет. **1.** *Ұрлап алу, жымқыру.* **2.** *Кісіге көрсетпеу, жасыру.*

**ҚЫМТЫРУ** *Қымтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Жымырылу, сығылысып, қысылысып қалу.* **2.** *Ұялу, қысылып қалу.*

**ҚЫМТЫРЫЛУ** *Қымтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫРЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Ұялыңқырау, қысылыңқырау.*

**ҚЫМТЫРЫЛЫҢҚЫРАУ** *Қымтырылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМТЫРЫН=** ет. *Ұялу, қысылу.*

**ҚЫМТЫРЫНУ** *Қымтырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫЗ** зат. этн. *Бие сүтінен, арнайы ыдыста (сабада) ашытылып жасалатын қазақ халқының көне замандардан бергі дәстүрлі тағамы, қадірлі асы, емдік қасиеті мол сусын.*

**Қымыз алды**. этн. *Бие байланып алғашқы қымыз ашыған күні берілетін қымыз.* **Қымыз аңдыды**. *Ойын-сауық іздеді, есілдерті сауықсайран құру болды.* **Қымыз байыды.** этн. табу. *Қымыз түгелді, қымыз таусылды [Қымыз – қадірлі ас, әрі көптің асы болғандықтан, қымызды бітті деп ашық айтуға болмайтын, сондықтан қымыз байыды деп кері мағынада тұспалдап түгелгені туралы хабар беретін].* **Қымыз батасы.** этн. а) *Қымыз ішіліп болғаннан кейін берілетін бата-тілек.* ә) *Бие байлағанда, қымызмұрындық тойында, сондай-ақ бие ағытқанда, сіргежияр дастарқанында айтылатын бата-тілек.* **Қымызбен емдеу.** *Қымыздың шипалық қасиетін ем үшін пайдалану.* **Қымызбен таңдай жібітті**. бейн. *Қымыз ішіп, құмары қанды.* **Қымызға бөртті**. *Қымызға әбден тойып, қызып қалды.* **Қымызды кім ішпейді**. *Қызықты думанды кім жақсы көрмейді, бәрінің басынан қызықты жастық шақ өтеді.* **Қымыздың қоры**. этн. *Қымыздың алғашқы ашытқысы.* **Қымыздың тұнбасы**. *Қымыз түбінде тұнып қалған қоюы, тосап қымыз.* **Қымыз жаудың таңдайында кетті**. бейн. окказ. *Ел-жұрты басыбайлы болды, жау қолына түсті.* **Қымыз құймай, айран берді.** *Сараңданды, сараңдығы ұстады.* **Қымыз орнына қымыран ішкендей.** бейн. *Қанағаттанбай, ойдағы дәметкені болмай, көңілі көншімей.* **Қымыз сапырды**. этн. а) *Ашуы жеткен қымызды ұсынар алдында ауамен қанықтыру үшін ожаумен қайта-қайта араластырып, жоғары-төмен қарай ағызып құйды.* ә) *Қонақ күтуге дайындалды, ас әзірледі.* **Қымызы жоқ сабадай**. бейн. *Қаңсыған; мән-мазмұны, мәртебесінен айырылған.*

**ҚЫМЫЗДАЙ** сын. *Қымыз сияқты.*

**ҚЫМЫЗДЫҚ**[1] зат. өс. **1.** *Жапырағы сопақша келген қышқылтым дәмді, жеуге жарайтын, таран тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін жабайы өсімдік.* **2.** тамақ. *Бақшада қолдан өсірілетін көпжылдық көгөніс.* **3.** бот. <лат. rumex> *Таран тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік туысы.*

**Қымыздық дәрі**. өс. <лат. rumex acetosa> *Таран тұқымдасы қымыздық туысына жататын, жапырағы тамаққа қолданылатын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Қымыздық қасат.** этн. қолөнер. *Шебердің үйінде болатын қылышты суаруда қолданылатын папирус сияқты ұлпа.* **Қымыздық қышқылы**. хим. *Қарапайым екі негізді қаныққан қышқыл, түссіз кристалдар.*

**ҚЫМЫЗДЫҚ** зат. өс. сөйл. ***Айлан шөп*.**

**ҚЫМЫЗДЫҚДӘРІ** зат. өс. сөйл. ***Қышқыл қымыздық.***

**ҚЫМЫЗЕК**[1] зат. өс. жерг. ***Қымыздық.***

**ҚЫМЫЗЕК**[2] зат. өс. сөйл. ***Қышқыл қымыздық.***

**ҚЫМЫЗЖЕЛІК** зат. этн. *Бойды тез билеп, тез басылатын жеңіл қызбалық.*

**ҚЫМЫЗҚОР** сын. *Қымызды көп ішетін, қымызқұмар.*

**ҚЫМЫЗМҰРЫН** зат. сөйл. ***Қымызмұрындық.***

**ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ** зат. этн. *Көктемде бие байланған алғашқы қымыз ішуге шақыру салты.*

**ҚЫМЫЗОЖАУ** зат. этн. *Қызыл аршадан немесе басқа ағаштан жонып, қазы майын сіңіріп, ыстап жасайтын қымыз құюға, сапыруға арналған сабы бар ыдыс, шөміш.*

**ҚЫМЫЗСЫЗ** сын. *Қымызы жоқ, қымызы байыған.*

**ҚЫМЫЗСЫРА=** ет. *Қымыз ішкісі келу, қымызды аңсау.*

**ҚЫМЫЗСЫРАУ** *Қымызсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫЗХАНА** зат. *Келушілер қымыз ішіп, сусындайтын көпшілік сауда орны.*

**ҚЫМЫЗХАНАШЫ** зат. *Қымызхана иесі, қымыз сататын көпшілік сауда орнының иесі.*

**ҚЫМЫЗШЫ** зат. *Бие сауып, қымыз ашытатын кісі.*

**ҚЫМЫЗШЫЛ** сын. *Іздеп жүріп қымыз ішетін, қымызға үйір.*

**ҚЫМЫЗШЫЛА=** ет. *Ел қыдырып, аралап қымыз ішу.*

**ҚЫМЫЗШЫЛАУ** *Қымызшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫҢ** елік *Қылп еткен қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**ҚЫМЫҢДА=** ет. **1.** *Қылпылдау, қозғалақтау.* **2.** *Жыпылықтау, әлсін-әлсін өшіп-жану.* **3.** ауыс. *Қипалақтау, не істерін білмей сасқалақтау.*

**ҚЫМЫҢДАС=** ет. *Жымыңдасу, қозғалақтасу.*

**ҚЫМЫҢДАСУ** *Қымыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫҢДАТ=** ет. *Қозғалақтату, қимылдату.*

**ҚЫМЫҢДАТУ** *Қымыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫҢДАУ** *Қымыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫМЫҢ-ҚЫМЫҢ** елік *Қайта-қайта қылпылдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қымың-қымың етті.** *Қылп-қылп етті, қозғалақтады.*

**ҚЫМЫРА** зат. көне. *Ашытылып жасалған, адамды мас қылатын сусын.*

**ҚЫМЫРАН** зат. этн. **1.** *Ашыған айранға піскен сүт қосып сұйылтқан сусын.* **2.** жерг. *Түйе сүтінен ашытылған сусын, шұбат.*

**ҚЫН** зат. этн. **1.** *Қанжар, пышақ, кездік сияқты өткір құралдарды салып жүру үшін ағаштан, былғарыдан жасалған қап.* **2.** *Ұстараның қабы.* **3.** *Қынап, қылыштың қабы.*

**Қынға қол салды**. *Қаруланды, қолына қару алды.* **Қында жатып қор болды**. бейн. *Еш пайдаға жарамай, іске тартылмай уақыты босқа өтті, құр бос азып-тозды.* **Қыннан қанжар суырды**. бейн. *Намысын қарумен, күшпен қорғады.*

**ҚЫНА**[1] зат. өс. **1.** *Топырақ бетіне, ағаш пен тасқа қабыршақ тәрізденіп жабыса өсетін, қабық тәрізді өсімдік.* **2.** <лат. lichenes> *Саңырауқұлақ пен балдырдың бірігіп тіршілік етуінен құралған төменгі сатыдағы өсімдік.*

**Қына басқан тасжүрек**. бейн. *Сезімнен әбден жұрдай, қатыгез, қатал жүрек.* **Қына басты.** *Еңсесі, көңілі түсті.* **Қына қышқылдары**. хим. *Қына құрамында болатын фекалға ұқсас, азотсыз қосылыстар.* **Қына шөп**. *Қына (тасқа шығатын шөп).*

**ҚЫНА**[2] [ир. حناء] зат. **1.** *Египет, Аравия, Иран, Үндістанда өсетін лавсония бұтасының жапырақтарынан алынатын сары күрең бояу.* **2.** ауыс. *Түрлі-түсті қанық бояу.*

**ҚЫНА=** ет. **1.** *Қыса тартып буу.* **2.** *Киімнің белін жиырып, бүріп тігу.*

**ҚЫНАГҮЛ** зат. өс. *Әсемдік мақсатта өсірілетін бөлме өсімдігі.*

**Қынагүл тұқымдасы.** өс. <лат. balsaminaceae> *Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей Алатауларында, Кетпен тауындағы қылқан жапырақты, аралас ормандардағы бұта арасында, ылғалды жерлерде өсетін бір немесе көпжылдық өсімдіктер.*

**ҚЫНАҒАШ** зат. өс. *Арғы тегі Оңтүстік Америкадан келген, қазір сәндік үшін парктер мен скверлерде, көшелерде қолдан егілетін (өсіретін) мәдени ағаш немесе бұта.*

**ҚЫНАДАЙ** сын. *Қына түстес; қып-қызыл өрттей.*

**Қынадай жабысты**. *Айырылмастай жабысты.* **Қынадай қырды**. *Шетінен жапырды, қан-жоса қылып жайпады.* **Қынадай тиді**. *Ойран-топыр қылды, қырып салды.*

**ҚЫНАЙ**: **қынай бел**. а) *Қыздың жіңішке, талдырмаш, қыпша белі.* ә) *Бойы-тұрқы келіскен бойжеткен.* б) *Жіңішке, сымбатты бел (жігіт туралы).* **Қынай белді**. *Қыпша белді, талдырмаш, жіңішке.*

**ҚЫНАЛ=** ет. **1.** *Белі тартылып буылу, қапсырылу.* **2.** *Жіптіктей болу, сымбаттану.*

**ҚЫНАЛА**[1]**=** ет. *Қына өсіп шығу.*

**ҚЫНАЛА**[2]**=** ет. *Қынамен бояу.*

**ҚЫНАЛАР** зат. биол. ***Қына**[1] (шартты түрде өсімдіктерге жатқызылатын ерекше бір топ құрайтын организмдер).*

**ҚЫНАЛАУ**[1] *Қынала етістігінің қимыл атауы; қына өсу.*

**ҚЫНАЛАУ**[2] *Қынала етістігінің қимыл атауы; қынамен бояу.*

**ҚЫНАЛУ** *Қынал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫНАЛЫ**[1] сын. *Қына өскен, қына жабысқан (тас, топырақ т.б.).*

**ҚЫНАЛЫ**[2] сын. *Қына жағылып, боялған.*

**Қыналы бармақ.** этн. а) *Байырғы қазақ қоғамындағы ер адамның алған екінші әйелінің ел аузындағы аты.* ә) *Он саусағынан өнері тамған іспер, пысық, таза, кірпияз.* **Қыналы бармақ, жез тырнағын қанға бояды.** *Бетін тіліп, қан ағызып зар иледі, қан жылады; жоқтап, құса боп, қанды жаспен бетін жуды.*

**ҚЫНАМА** сын. *Белі тартылып, жиырылып, бүріліп тігілген. // Қын, қынап.*

**Қынама бел.** *Бел жағын қынап тігілген киім.*

**ҚЫНАМАЛА=** ет. *Белін қапсырмалап, тартып бүріп тігу.*

**ҚЫНАМАЛАУ** *Қынамала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫНАМАЛЫ** сын. **1.** *Қапсырмалап, тартылған.* **2.** *Жіңішке, қыпша, талдырмаш.*

**Қынамалы бешпент.** этн. *Бел тұсы қапсырыла тігілген астарлы сырт киім.*

**ҚЫНАМЕНДЕ** зат. этн. *Күйеу жігіттің қалыңдық отауына немесе қыз жеңгесінің үйіне жолдастарымен алғаш келуін қарсы алу кешіндегі жастардың ойын-сауығы.*

**ҚЫНАП**[1] зат. *Қатты теріден жасалып, металл құрсаулар салынып жасалатын қылыш қабы.*

**ҚЫНАП**[2] зат. биол. **1.** *Жануарлар мен өсімдіктердің әртүрлі мүшесін қорғап тұратын бөлігі.* **2.** анат. <лат. vagina> *Сүтқоректілердің ұрғашыларындағы жыныс жолының алғы құысы.* **3.** бот. *Түтікке ұқсап ширатылып, сабақты орап тұратын жапырақтың төменгі бөлімі.*

**Қынаптағы қылыштай [қылыш]**. бейн. *Қылшылдаған, күші асқан, өткір, қырағы, жауға шабуға дайын (адам).*

**ҚЫНАЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Жапырақтары қынапты, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫНАПТЫҚУРАЙ** зат. өс. *Далалы, шалғынды жерлерде өсетін, сабағы биік әрі жуандау көпжылдық өсімдік.*

**ҚЫНАПТАЙ** сын. *Қынап сияқты.*

**ҚЫНАТ=** ет. *Қысып орату, сақиналату, құрсату.*

**ҚЫНАТУ** *Қынат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫНАУ** *Қына етістігінің қимыл атауы; қыса тартып буу.*

**ҚЫНАУЛЫ** сын. *Белі бүрілген, қапсырылған, жиырылған.*

**ҚЫНБҰРШАҚ** зат. өс. сөйл. *Бұршақ өсімдігінің бір түрі.*

**ҚЫНЖЫҒҮЛ** зат. өс. ***Меруертгүл.***

**ҚЫНДАЙ** сын. *Қылдырықтай, жіп-жіңішке.*

**Қындай бел.** *Әйелдің жіңішке, талдырмаш, нәзік белі.*

**ҚЫНДЫ** сын. *Қыны бар, қын бекітілген.*

**ҚЫНЖЫГҮЛ** з а т . ө с . с ө й л . ***Інжугүл.***
**ҚЫНЖЫЛ=** е т . *Бір нәрсеге іштей ренжу; кею, қиналу.*
**ҚЫНЖЫЛСЫЗ** с ы н . *Ренішсіз, кейіссіз, қиналмай.*
**ҚЫНЖЫЛТ=** е т . *Ренжіту, кейіту.*
**ҚЫНЖЫЛТУ** *Қынжылт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫНЖЫЛУ** *Қынжыл етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫНЖЫЛЫҢҚЫРА=** е т . *Іштей ренжіңкіреу, қиналыңқырау.*
**ҚЫНЖЫЛЫҢҚЫРАУ** *Қынжылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫНЖЫЛЫС** з а т . *Көңілдегі кейісті реніш, іштей қиналушылық.*
**ҚЫНЖЫЛЫС=** е т . *Іштей қиналысу, кейісу.*
**ҚЫНЖЫЛЫСУ** *Қынжылыс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫНУЛЫ** с ы н . *Белін қынай буған, ықшам киінген.*
**ҚЫҢ** е л і к *Қысқа шуылды дыбысты бейнелейтін сөз.*
**Қың бар ма?** *Ләм-мим деген де қарсылық жоқ деген мағынадағы қолдауды, келісуді білдіретін сөзқолданыс.* **Қың демеді**. *Ләм-мим демеді, үн-түнсіз қалды, тым-тырыс болды.* **Қың етті**. *Тырс етті, сыбдыр етті.*
**ҚЫҢ=** е т . *Былқ ету, селт ету, айылын жию.*
**ҚЫҢБА=** е т . *Тайсалып-тайынбау, мойымау.*
**ҚЫҢБАРЛЫ** с ы н . *Тайсалмайтын, қасқайған.*
**ҚЫҢБАУ** *Қыңба етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢҚ** е л і к . *Қысқа шуыл дыбысты бейнелейтін сөз.*
**Қыңқ етпеді [демеді].** *Тырп етпеді, төзді, шыдады; үндемеді.* **Қыңқ етті**. *Күңк еткен дыбыс шығарды.*
**ҚЫҢҚЫЛ** з а т . *Адамның тынышын алатын, қайталана беретін беймаза сөз.*
**ҚЫҢҚЫЛДА=** е т . *Қайта-қайта қоймай айту, мазалау.*
**ҚЫҢҚЫЛДАТ=** е т . *Қыңқылдаған дыбыс шығарту.*
**ҚЫҢҚЫЛДАТУ** *Қыңқылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢҚЫЛДАУ** *Қыңқылда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ** з а т . **1.** *Жеңіл-желпі ауру.* **2.** а у ы с . *Мазаны алатын күңкіл сөз.*
**ҚЫҢСУ** *Қыңсы етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢСЫ=** е т . с ө й л . **1.** *Иттің жағымсыз жіңішке дыбыс шығаруы.* **2.** а у ы с . *Ызыңдап, құлағының түбінен қайта-қайта айтқыштау, мазаны алу.*
**ҚЫҢСЫЛ** з а т . **1.** *Иттің, қасқыр тәріздес аңдардың жіңішке, қысылып шыққан аянышты үні.* **2.** а у ы с . *Беймаза сөз, қыңқыл.*
**ҚЫҢСЫЛА=** е т . **1.** *Иттің, қасқырдың көмейінен қысылып шыққан жіңішке аянышты дыбыс шығу.* **2.** а у ы с . э к с п р . *Бірдемені қайта-қайта ызыңдап айтып, ығыр ету.*
**ҚЫҢСЫЛАС=** е т . *Иттердің, қасқырлардың аянышты жіңішке үн шығарысуы.*
**ҚЫҢСЫЛАСУ** *Қыңсылас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢСЫЛАТ=** е т . *Итке, қасқырға аянышты дыбыс шығарту.*
**ҚЫҢСЫЛАТУ** *Қыңсылат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢСЫЛАУ** *Қыңсыла етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢСЫТ=** е т . с ө й л . ***Қыңсылат.***
**ҚЫҢЫР** с ы н . **1.** *Бір жағына қарай қисық.* **2.** а у ы с . *Әдейі бұра тартқан, қыршаңқы.* **3.** а у ы с . *Жөнсіздігіне қарамай, өз дегенінен қайтпайтын бірбет, қарыспа, қиқар.* **4.** а у ы с . *Қатал, қатып қалған, өзгермейтін.*
**Қыңыр кетті**. *Бұра тартты; дұрыс істемеді.* **Қыңыр көкірек.** *Кежір, қырсық, кертартпа, қисық.* **Қыңыр қабақ.** *Жат мінез, теріс қылық.* **Қыңыр қарады**. *Ұнатпады, жақтырмады.* **Қыңыр мойын**. *Бірбеткей, қарыспа, қиқар.* **Қыңыр сөз**. *Іліп-шалған қырсық сөз.* **Қыңыр сөйледі**. *Қиқарланып, қырсығып сөйледі.* **Қыңыр тартты**. *Жөнге келмеді, қисайды.*
**ҚЫҢЫРАЙ=** е т . **1.** *Бір жағына, бір қырына қарай қисаю, иілу.* **2.** а у ы с . *Өз дегенінен басқаға көнбей қасарысу, қиқарлану.*
**Қыңырайған жағынан түзелмеді**. *Қиқарланып, қырсығып алды, бетінен қайтпады, өз дегенін істемей қоймады.*
**ҚЫҢЫРАЙТ=** е т . **1.** *Бір жағына қарай қисайту.* **2.** а у ы с . *Қиқарлату, қырсықтыру.*
**ҚЫҢЫРАЙТУ** *Қыңырайт етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢЫРАЙЫС** з а т . *Қыңырлық, қиқарлық көрсеткен қасарыс.*
**ҚЫҢЫРАЙЫС=** е т . **1.** *Бір жағына қарай қисайысу.* **2.** а у ы с . *Қиқарласу, бір-біріне қырсығу.*
**ҚЫҢЫРАЙЫСУ** *Қыңырайыс етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢЫРАҚ** з а т . *Қанжардың түрі.*
**ҚЫҢЫРАТҚУ** *Қыңыратқы етістігінің қимыл атауы; қыңыраю, бірбеткейлену.*
**ҚЫҢЫРАТҚЫ=** е т . **1.** *Бір жағына қарай қисайыңқырау, ойыса түсу.* **2.** а у ы с . *Бірбеткейленіп қасарысу, қыңыраю.*
**ҚЫҢЫРАЮ** *Қыңырай етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢЫРЖАҚТА=** е т . *Бір алған бетінен қайтпаймын деп, жолдан тайып, қисайып кету.*
**ҚЫҢЫРЖАҚТАУ** *Қыңыржақта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢЫРЛАН=** е т . *Ыңғайға көнбей, қиқарланып қасарысу.*
**ҚЫҢЫРЛАНУ** *Қыңырлан етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫҢЫРЛАУ** с ы н . **1.** *Бір жағына қарай қисықтау.* **2.** а у ы с . *Қиқарлау, қиястау.*
**ҚЫҢЫРЛЫҚ** з а т . *Қиқарланып қасарысқандық, қиястық.*
**Қыңырлығына басты**. *Қиқарлық істеді, қырсықтық жасады.*
**ҚЫҢЫРЫҚТА=** е т . *Тартыну, қисаңдау.*
**ҚЫҢЫРЫҚТАУ** *Қыңырықта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫП** е л і к . *Әп-сәтте болған қысқа, лып еткен дара қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**Қып етті**. *Бірден лып ете қалды.*
**ҚЫПАҢДА=** е т . *Ыңғайсыздана қимылдау, қозғалу.*
**ҚЫПАҢДАУ** *Қыпаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫП-ҚЫЗЫЛ** с ы н . **1.** *Шиедей, нарттай, ал қызыл арайлы.* **2.** а у ы с . *Барып тұрған, нағыз.* **3.** а у ы с . *Ұшы-қиырсыз, ұлан-байтақ.* **4.** а у ы с . *Шоқтай, жанып тұрған, өткір (көз).* **5.** а у ы с . *Малмандай, шылқыған.*
**Қып-қызыл болып кетті**. *Қатты ұялғаннан беті қызарып кетті.* **Қып-қызыл дау.** *Қызу талас, дау-жанжал.* **Қып-қызыл мас.** *Ес-түсін білмейтін.* **Қып-қызыл шығын.** с ө й л . э к с п р . *Шығыны көп, мол зиян.*
**ҚЫП-ҚЫСҚА** с ы н . *Тым келте, шолақ.*
**ҚЫПША** с ы н . *Қылдырықтай, талдырмаш (бел). // Жіңішке, нәзік бел.*
**Қыпша бел.** *Талдырмаш, нәзік, жіңішке бел.* **Қыпша белі бұралды**. б е й н . *Талдырмаш, жіңішке белі майысты, сымбатты, сәнді қозғалды (қыз туралы).*
**ҚЫПШАҚ** з а т . к ө н е . *Қайшы, қос пышақ.*
**ҚЫПШАҚТАЙ** с ы н . *Қыпшақ сияқты.*
**ҚЫПЫ**: **қыпы қанды.** *Айызы қанды, құмары тарқады.*
**ҚЫПЫҚ** з а т . с ө й л . ***Қылшық***[1].
**ҚЫПЫҚТА=** е т . с ө й л . *Қыпылдау, қипаңдау, ыңғайсызданып кібіртіктеу.*
**ҚЫПЫҚТАУ** *Қыпықта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫЛДА=** е т . *Тынышы кету, тықыршу.*
**ҚЫПЫЛДАС=** е т . *Тынышы кетісу, тықыршысу.*
**ҚЫПЫЛДАСУ** *Қыпылдас етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫЛДАТ=** е т . **1.** *Мазасын кетірту, тықыршыту.* **2.** *Қылпылдату, қылп-қылп еткізу, қозғалақтату.*
**ҚЫПЫЛДАТУ** *Қыпылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫЛДАУ** *Қыпылда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫЛЫҚ** з а т . *Жиі-жиі қалбақтаған дамылсыз қозғалыс.*
**Қыпылық қақты**. *Тыншып тұра алмады; дегбірсізденді.*
**ҚЫПЫЛЫҚТА=** е т . *Тынышы кету, дегбірсіздену.*
**ҚЫПЫЛЫҚТАТ=** е т . *Тынышын кетірту, дегбірсіздендіру.*
**ҚЫПЫЛЫҚТАТУ** *Қыпылықтат етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫЛЫҚТАУ** *Қыпылықта етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫПЫҢ** е л і к . *Жылп, бұлк ете қалған, лезде болған қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*
**Қыпың етті.** *Бұлк ете қалды.*
**ҚЫПЫҢДА=** е т . *Дегбірі қашу, мазасызданып, орын таппау.*
**ҚЫПЫҢДАУ** *Қыпыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ҚЫР**[1] з а т . **1.** г е о г р . *Аласа таулардың, үстірттің ұзына бойына созылып жатқан биік жері.* **2.** *Өрістен, жайлаудан, шөлді қыраттардан бөлініп қалған шұратты дөңес.* **3.** *Елді мекеннен сырт жер, дала.* **4.** а у ы с . *Алынбаған биік, адамның армандаған биік мақсат-мұраты.* **5.** *Бір нәрсенің сырт жақ шеті.* **6.** *Киімге үтік басқанда пайда болатын қатпар.* **7.** а у ы с . *Адамның жеке басының ерекше қасиеті, бойына тән қабілеті.* **8.** а у ы с . *Біреуге көрсетілген жағымсыз қылық, мінез; сес.* **9.** а у ы с . *Бір нәрсеге деген икем, еп.* **10.** а у ы с . *Бір нәрсенің, құбылыс, оқиғаның тағы бір жағы, басқаша мәні.* **11.** а у ы с . *Таулы жер (ой-далалы жазық жер ұғымына қарама-қарсы ұғым).* **12.** а у ы с . *Бір елдің жері, елдің түкпір-түкпірі.*
**Қыр асты**. а) *Қырдан өтті, алыстады, ұзап кетті.* ә) *Өмірінің бір кезеңін басынан өткерді, бір сынақтан өтті, бір жасын еңсерді.* б) *Ауылдан кетті, жыраққа кетті.* в) *Даусы сонадайдан естілді; атағы жер жарды.* **Қыр астында**. *Алыс емес, жақын.* **Қыр астырды.** *Шалқыта, шарықтата ән салды.* **Қыр баласы [қазағы].** *Қырда, кең жерде өскен адам.* **Қыр басы**. *Аласа таулардың, қыраттардың ең жоғарғы биік бөлігі, ұшары.* **Қыр батпағы.** г е о г р . *Ойпаң жерге жиналған жаңбыр, қар суының буланбауынан пайда болатын ылғалды жер телімінің түрі.* **Қыр гүлі**. *Даланың гүлі, жабайы өскен шалғындық гүлдер.* **Қырға шықты**. э т н . а) *Байырғы қазақ қоғамында ел ішіндегі ерекше маңызды мәселелерді жұрт болып шешу үшін немесе бүкіл халық болып салтанатты шара өткізу үшін биік жерге, төбеге жиналды.* ә) *Өмірінің үлкен асуына жетті; өмірінің біраз жылын еңсерді, жасы ұлғайды.* **Қырда асық ойнаған**. б е й н . *Бала күннен бірге өскен.* **Қырдағы киіктің дүбіріндей**. б е й н . о к к а з . *Жазық жерден үйір-үйір болып шауып өткен киік тұяқтарының жерді дүңгірлеткен да у ы с . ындай шуылы.* **Қырдан қарауыл қарады**. *Биікке шығып жол торып, жауынан сақтанды.* **Қырдан қашқан түлкідей**. б е й н . *Еңіспен ылдилап зымырағандай, зулап ұстатпайтын.* **Қырдан ойға шапқыласты**. *Даланың биік, ойыс жерлеріне көтеріліп-түсіп қуанысып жүгірісті (балалар туралы).* **Қырдың асты**. *Аласа таулардың, қыраттардың төменгі бөлігі, етегі.* **Қырдың ерке гүліндей**. б е й н . *Ауылдың еркелеп өскен қызындай.* **Қырдың [қырдағы] қаракөзі.** *Ауылдағы қазақтың қызы.* **Қырдың құланы.** б е й н .

*Еркіндіктің адамы, қырдың, даланың бостандық сүйгіш халқы.* **Қыр жер ой болды, ой жер қыр болды**. бейн. *Астаң-кестеңі шықты, аспан айналып жерге түскендей аласапыран орнады.* **Қыр көрсетті**. *Қоқан-лоқы жасады, қорқытты.* **Қыр қабағы**. *Қырдың дөңкиіп, дөңестеу келген тұсы.* **Қыр құстары.** саят. *Қырда жүріп, шалғын шөп, бидайық, бетеге, жусан, тамырдың түбі т.б. өсімдіктерді және құрт-құмырсқа, шегіртке, неше түрлі шыбын-шіркейді қорек етіп, суды сирек ішетін қанаттылар тобы.* **Қыр мұрын [мұрынды].** *Әдетте әдеміліктің нышаны болып табылатын үсті қырланып келген мұрын.* **Қыр тағысы**. *Даланың жабайы аңы.* **Қыр түгі**. *Даланың бетін жапқан шөп, өсімдік.* **Қыры бар.** *Қабілетті, епті.* **Қыры жоқ**. *Икемсіз, епсіз.* **Қыры жығылмады.** *Арымады, жүдемеді.* **Қыры кетті**. *Ісі оңға баспады, қырсыққа шалынды.* **Қырына алды.** *Біреудің соңына түсті, ерегісті, қыр көрсетті.* **Қырын сындырды.** *Бетін қайтарды, көңілін басты.* **Қырына жүрмеді.** *Еркіне көнбеді.* **Қыры сынды.** *Беті қайтты, көңілі басылды, жүні жығылды. Тауы шағылды, беті қайтты.* **Қыры сынбаған.** *Үтіктелген, мұнтаздай, тап-таза.* **Қыры тайды.** *Күйі кетті, нашарлады.*

**ҚЫР[2]: қыр соңына түсті [соңынан қалмады]**. а) *Артынан қалмады, басынан кетпеді.* ә) *Жабысып айырылмады, қайда барса да қалмады.* б) стиль. *Жолына түсті, кәсіп қылды.*

**ҚЫР[1]=** ет. *Жаппай өлтіру, қырғынға ұшырату, құртып жайратты.*

**Қырып сал – қыран тұқым**. бейн. *Аң-құсын жібермейтін, табиғатынан алғыр, қанды балақ құс.*

**ҚЫР[2]=** ет. **1.** *Сақал-мұртты, шашты ұстарамен немесе қыры бар өткір затпен сыпыру.* **2.** *Бір нәрсені өткір құралмен қырғыштау, қырнау; жұқалап алу.*

**Қырып алар [аларға] қызылы жоқ**. *Арық, жүдеу.*

**ҚЫРА** зат. сөйл. ***Қырқа.***

**ҚЫРАҒАТ** [ар. قراءة] зат. діни. ***Қирағат.*** *(Құранды дауыстап оқудың белгіленген нақышы, мәнері, қыраға).*

**ҚЫРАҒАТТА=** ет. діни. **1.** *Құранды ырғағына келтіріп, мақамдап нақышына келтіріп оқу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені тәптіштеу, сәндеу; жөніне келтіру.*

**ҚЫРАҒАТТАУ** *Қырағатта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАҒЫ** сын. **1.** *Тез байқайтын, көреген, байқағыш.* **2.** *Алғыр, көреген.* **3.** *Аңдап басқыш, абайлағыш.*

**Қырағы ит.** *Үй қорығыш, саққұлақ, ұры-қарыға алдырмайтын ит.* **Қырағы көз.** а) *Көзі өткір, көргіш.* ә) *Байқағыш, аңғарымпаз.* **Қырағы қия жазбас.** *Өте сақ, бәрін байқағыш, көзі өткір.* **Қырағы сұңқарлар.** бейн. окказ. *Алғыр, көреген адамдар, беделді тұлғалар.* **Қырағы үкімет.** бейн. окказ. *Бәрінің ісіне аңду жүргізгіш, цензурашыл, азаматтарының жеке ісіне араласқыш үкімет.*

**ҚЫРАҒЫЛАН=** ет. *Көргіш, байқағыш болу, көзі өткірлену.*

**ҚЫРАҒЫЛАНУ** *Қырағылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАҒЫЛАУ** сын. *Көргіштеу, көрегендеу.*

**ҚЫРАҒЫЛЫҚ** зат. **1.** *Көргіштік, байқағыштық.* **2.** *Сақтық, алғырлық.*

**ҚЫРАҒЫРАҚ** сын. *Байқағыштау, көрегендеу; сағырақ.*

**ҚЫР-АДЫР** зат. *Қыр мен адыр.*

**ҚЫРАН[1]** зат. зоол. <лат. aquila> **1.** *Жыртқыш құстар отряды, қаршыға тұқымдасының бір туысы.* **2.** *Бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі сияқты алғыр құстардың жалпы атауы; өлексемен қоректенетін қарақұстарға қарсы қойылады.* **3.** ауыс. *Батыл, ержүрек адам, қаһарман жауынгер.* **4.** ауыс. *Тепсе темір үзетін мықты, алғыр жігіт.* // *Қырағы, қайсар, алғыр.* // *Адуынды, азулы.* **5.** ауыс. *Қазақ халқында еркіндіктің символын білдіретін алғыр құс.* // саят. *Алғыр, аң-құсты бірден алатын, епті де күшті (саят құсы).* // *Еркіндік сүйгіш, бостандық сүйгіш.*

**Қыран болды**. а) *Ел мақтайтын өжет болды, алғыр, қайсар мінезді болды.* ә) *Алыстарға самғады, биіктерге қол жеткізді.* **Қыран бүркіт.** а) саят. *Аң-құсқа салса, аянып қалмайтын, тегеурінді, алғыр саят құсы, бүркіт.* ә) бейн. *Алғыр да өжет, қайсар, сымбатты жігіт.* **Қыран жапқандай күлді.** *У да шу, қатты күлді, жаппай күлді.* **Қыран жапқандай қылды [дүрліктірді].** *Әлек-шәлегін шығарды, быт-шыт қылды.* **Қыран көз [көзді].** *Тез байқайтын, көргіш.* **Қыран [қыран жапқандай] күлкі.** *Ішек-сілесі қатып жаппай күлген күлкі, уда-ду.* **Қыран күлкіге батысты.** *Бәрі қосыла қарқылдап күлісті, мәз бола қатты күлісті.* **Қыран қабақ.** *Қабағы түксиген, сұсты.* **Қыран қуған шілдей болды.** бейн. *Тым-тырақай, жан-жаққа қашты.* **Қыран қуған шылдай.** жерг. *Быт-шыт, тоз-тоз.* **Қыран құс.** саят. а) *Бүркіт, қаршыға, тұйғын т.б. сияқты аңға, құсқа салуға үйретілген алғыр құс.* ә) бейн. *Алғыр, ел алды болған адам.* **Қыран қылық.** бейн. *Өрлік, ерлік, асқан қайсарлық, төзімділік.* **Қыран мүсін**. бейн. *Сом тұлғалы, сымбатты, бет әлпетінде алғырлық, қырағылық нышаны бар.* **Қыран тектес жан**. бейн. *Өжет, өр мінезді, алғыр адам.* **Қыран ұшып жете алмайтын**. *Тым биік; қол жетпес.*

**ҚЫРАН[2]** зат. жерг. *Моншақ.*

**ҚЫРАНДАЙ** сын. *Қыран сияқты, қыран құс сияқты.*

**Қырандай қырды**. *Қырып салды, жауын аман жібермеді.*

**ҚЫРАНДАЙЫН** сын. поэт. *Қырандай, қыран сияқты.*

**ҚЫРАНДЫҚ** зат. **1.** *Қыран құсқа тән қасиет; алғырлық.* **2.** ауыс. *Өжеттілік, еркіндік аңсағыштық, қайсарлық.*

**ҚЫРАНДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Қырандық.***

**ҚЫРАНКЕРЕЙ** сын. көне. *Алғыр, ержүрек.*

**ҚЫРАН-КЕСКІ** сын. сөйл. ***Қиян-кескі.***

**ҚЫРАНҚАРА** зат. зоол. *Қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс, дала қыраны.*

**ҚЫРАНОТ** зат. өс. <лат. pteridium> *Қауырсын жапырақты, гүлсіз өсімдік; папоротник.*

**ҚЫРАН-ТОПАН: қыран-топан күлкі**. *Ішек-сілелері қатып, жаппай күлген күлкі.*

**ҚЫРАНЫМСЫ=** ет. экспр. жағымсыз. *Қыран болғансу, өзін алғыр көрсету.*

**ҚЫРАНША** үст. *Қыранға ұқсап.*

**ҚЫРАҢ** зат. *Сәл биіктеу, дөңес жер.*

**ҚЫРАҢДАУ** сын. *Биіктеу, дөңестеу.*

**ҚЫРАҢ-ҚЫРАҢ** сын. *Дөңес-дөңес, асу-асу болған.*

**ҚЫРАРҚАСЫ** зат. *Дөңкиген, доғас жер.*

**ҚЫРАТ** зат. **1.** *Биіктеу, дөңес жер.* **2.** *Биік-биік қырлар, белес-белес белдері бар созылып жатқан ел жайлаған мекен, ауыл қонған жер.* **3.** ауыс. *Биік мақсат, үлкен жетістік, өмірдің бір белесі.*

**Қыраттың басы**. *Биік, дөңес жердің ең биік нүктесі.*

**ҚЫРАТ-ҚЫР** зат. *Қырат пен қыр, созылып жатқан қырлы, дөңес биік жер.*

**ҚЫРАТ-ҚЫРАТ** зат. *Созылып биік жатқан жер.*

**ҚЫРАТ-ҚЫРҚА** зат. *Қырат та, қырқа да; қырлы, дөңес созылған биік жер.*

**ҚЫРАТТАУ** сын. *Биіктеу, дөңестеу (жер).*

**ҚЫРАТТЫ** сын. *Қыраты бар, биік.*

**ҚЫРАРТЫ: қырарты ойысы**. этн. анат. *Жауырын сүйегі қырының артындағы ойыс бөлігі.*

**ҚЫРАУ** зат. **1.** *Суық күзде немесе қыста тоңазып, дымқыл ауаның заттың бетіне қар тәрізді болып ағарып қатқан мұз жамылғысы.* **2.** ауыс. *Қартайғанда адамның сақалы мен шашына, самайына түсетін ақ.*

**Қырау басты.** *Қырау көмкерді, мұз шалды.* **Қырау жапты**. *Толықтай қыраумен көмкерілді, аппақ болып қырау басты; суық түсті, қыс келді.* **Қырау кепті**. *Аязда, суықта жердің, заттың бетіне қатып қалған ылғал ауа еріп, құрғады.* **Қырау қабақ**. бейн. *Қатулы қабақ, қаһарлы, адуынды, айбынды.* **Қырау қатқан [қабағына қырау қатқан].** бейн. *Өте суық, ызғарлы (қыс мезгілі).* **Қырау сақал**. бейн. а) *Ақ сақалды, сақалы ағарған.* ә) *Суық, қыраулы.* **Қырау түрды**. *Суықта, аязда жердің бетіне, затқа ақ, боз түсті болып ауа, мұз қатты.* **Қырау түсті.** *Жерді қырау басты, беті жылтырап көрінді.*

**ҚЫРАУЛА=** ет. *Қырау тұру, қырау басу.*

**ҚЫРАУЛАН=** ет. *Қырау басып қалу.*

**ҚЫРАУЛАНУ** *Қыраулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАУЛАТ=** ет. *Қарға айналдыру, қар, қырау қылып қатыру.*

**ҚЫРАУЛАТУ** *Қыраулат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАУЛАУ** *Қыраула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАУЛЫ** сын. **1.** *Қырауы бар, қырау қатқан.* **2.** ауыс. *Суық, ызғарлы.*

**ҚЫРАУСЫЗ** сын. *Қырауы жоқ, қырау қатпаған.*

**ҚЫРАУЫТ=** ет. *Қырау қату, қырау тұру, қырау басу.*

**ҚЫРАУЫТУ** *Қырауыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРАШ** зат. жерг. *Тік бет, жарқабақ.*

**ҚЫРАШТА=** ет. *Тік бетпен, жарқабақпен көтерілу.*

**ҚЫРАШТАУ** *Қырашта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРБАЙ[1]** сын. *Қырғи қабақ, дүрдараз.*

**Қырбай болды.** *Араздасты, ренжісті.* **Қырбай қабақ**. *Қырғи қабақ, араз.*

**ҚЫРБАЙ[2]** сын. *Жұмысқа икемі жоқ, ебедейсіз, бейімсіз.*

**ҚЫРБАЙЛЫҚ** зат. *Араздық, келіспеушілік.*

**ҚЫРБАҚ** сын. сөйл. ***Қырбық.***

**Қырбақ қар.** *Жұқа жауған қар.*

**ҚЫРБАҚТА=** ет. сөйл. ***Қырбықта.***

**ҚЫРБАҚТАУ** *Қырбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРБАС: қырбастың қызылы.** *Қар қалың түскеннен кейінгі алғашқы аяз.*

**ҚЫРБАТ[1]** сын. жерг. *Алапат, жойқын.*

**ҚЫРБАТ[2]** сын. *Кірпияз, таза.*

**ҚЫРБЫҚ** сын. **1.** *Ұшқындап жауған, жұқа (қар).* **2.** ауыс. *Сирек, тықыр.* // *Ұшқындаған жұқа ұлпа қар.*

**ҚЫРБЫҚТА=** ет. *Ұшқындап қар жауу.*

**ҚЫРБЫҚТАН=** ет. *Ұшқындану.*

**ҚЫРБЫҚТАНУ** *Қырбықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРБЫҚТАУ** *Қырбықта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРГҮЙЕК** зат. **1.** *Күнтізбелік жылдың 30 тәуліктен тұратын тоғызыншы айы, күздің бірінші айы.* **2.** этн. *Қошқар мен текеден күйек алынатын күздің басы.*

**ҚЫРҒАҚ** зат. *Судың жағасы, шеті.*

**ҚЫРҒАУЫЛ** зат. <лат. phasianus colchicus> **1.** *Өзен жағасындағы тоғайлы жерде тіршілік ететін тауық тұқымдас қызғылт, сұр түсті аңшылық құс.* **2.** зоол. *Тауықтәрізділер отряды қырғауылдар тұқымдасының Қазақстанның таулы, далалы аймағында кең тараған түрі.*

**Қырғауыл байлау.** этн. *Ертеде көш кезінде байлық салтанатының белгісі ретінде ақ түбек ағаштан жасалған құралмен ерттеу ғұрпы.* **Қырғауылдың мойнындай**. бейн. *Құбылмалы, бір сәтте өзгермей тұрмайтын.* **Қырғауыл тұқымдасы**. зоол. <лат. phasianidae> *Тауықтәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**ҚЫРҒАУЫЛДАЙ** сын. *Қырғауыл сияқты; зулаған, жалт беріп жоқ болған.*

**ҚЫРҒИ** зат. <лат. accipiter nisus> **1.** *Кішігірім құстарды ұстап күнелтетін, имек тұмсық, өткір тырнақты қыран құс.* **2.** зоол. *Денесінің үлкендігі кептердей, қанатын жайғандағы ұзындығы 18-26 см, салмағы 120-280 г-дай, таулы, орман-тоғайлы жерлерді мекендейтін қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* **3.** ауыс. *Тез, шапшаң қимылдайтын, ұшқыр, алғыр адам.*

**Қырғи қабақ.** бейн. а) *Қабағы бар, үстіңгі терісінің қатпары бар әдемі көз.* ә) *Бір-бірімен араз, ала көз болушылық.* **Қырғи қабақ болды.** *Араздасты, жауласты.* **Қырғи қабақ көрсетті.** *Жақтырмады, жаратпады.* **Қырғи қабақ соғыс.** саяси. *Әлемдегі екі саяси жүйеде қалыптасқан мемлекеттер арасындағы алауыздық, бақталастық саясат.* **Қырғи қуған шілдей [торғайдай].** бейн. *Ес-түсі шығып, әбден титықтап, тоз-тоз болып.* **Қырғи мінез**. *Араздық, алакөздік.* **Қырғи салды**. *Қырғимен саятшылық етті, қырғимен аң аулады.* **Қырғи тигендей болды.** *Дүрлікті, берекесі кетті.*

**ҚЫРҒИДАЙ** сын. *Қырғи сияқты.*

**Қырғидай тиді.** *Әптер-тәптерін шығарды, дүрліктірді.*

**ҚЫРҒИЛЫҚ** зат. *Ұшқырлық, алғырлық мінез.*

**ҚЫРҒИША** үст. *Қырғи тәрізді, қырғиға ұқсап.*

**Қырғиша тиді.** *Ойран-топырын шығарды, тас-талқан етті.*

**ҚЫРҒЫ**[1] зат. **1.** *Ағаш өңдейтін темір құрал; қырғыш.* **2.** зерг. *Күмістің бетін тегістеп жылтырататын құрал.* **3.** жерг. *Пышақ, қайшының жалпы атауы.*

**ҚЫРҒЫ**[2] сын. *Қырдан өтетін, қырдағы (жол).*

**ҚЫРҒЫЗ** зат. **1.** *Антропологиялық жағынан моңғол нәсілінің оңтүстік-сібір тобына жататын, дәстүрлі діні сунниттік ислам болып табылатын түркітілдес ұлт, ғасырлай бойы қазақтармен көршілес отырған бауырлас халық.* **2.** *Осы ұлттың, халықтың өкілі.*

**Қырғыз өрме [өрім] қамшы.** этн. *Өрімі қырғызша өрілген, өте тығыз етіп, жіңішке таспадан жұмырлап өрілген қамшы.* **Қырғыз тілі.** лингв. *Түркі тілдерінің бірі болып табылатын қырғыз халқының ана тілі.* ‘

**ҚЫРҒЫЗ=** ет. **1.** *Қырып-жойғызу, күйрету, жоқ қылу.* **2.** *Тақырлап алғызу.*

**ҚЫРҒЫЗУ** *Қырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҒЫЗША** сын. *Қырғыз тілінде, қырғызша жазылған.*

**ҚЫРҒЫЗШАЛА=** ет. *Қырғыз тілінде сөйлеу; қырғыз тіліне аудару.*

**ҚЫРҒЫЗШАЛАУ** *Қырғызшала етісті-гінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҒЫЗШЫЛ** сын. *Қырғыз ұлтын жақтаушы, соның мүддесін ойлаушы.*

**ҚЫРҒЫН** сын. **1.** *Қиян-кескі, қан төгілген (ұрыс).* **2.** ауыс. *Көп адам қатысқан, дау-дамайлы, тартысты.* **3.** ауыс. *Зор індетті, жаппай шарпыған. // Қантөгіс, қиян-кескі ұрыс, сұрапыл соғыс. // Қиян-кескі ұрыс, қантөгіс болған жер.*

**Қырғынға ұшырады.** *Қырылды, апатқа ұшырады.* **Қырқын берді.** *Қайтыс болған кісіге арнап қырық күннен кейін ас берді.* **Қырғын келгір**! қарғ. *Жоқ болғыр, қырылып қалғыр!* **Қырғын тапты.** *Қырылды, қаза болды, жойылды.*

**ҚЫРҒЫНДА=** ет. *Қырғынға ұшырату; жою, құрту.*

**ҚЫРҒЫНДАС=** ет. *Соғысу, қан төгісу.*

**ҚЫРҒЫНДАСУ** *Қырғындас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҒЫНДАТ=** ет. *Соғыстыру, қан төкізу.*

**ҚЫРҒЫНДАТУ** *Қырғындат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҒЫНДАУ** *Қырғында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҒЫН-СҮРГІН** зат. *Ел тыныштығын кетірген шапқыншылық, бүліншілік.*

**ҚЫРҒЫНСЫЗ** сын. *Қиян-кескі ұрыссыз, қантөгіссіз, соғыссыз.*

**ҚЫРҒЫНШЫЛЫҚ** зат. *Қырып-жоюшылық, шапқыншылық.*

**ҚЫРҒЫШ** зат. *Бір нәрсені қыру үшін темірден жасалған құрал.*

**ҚЫРҒЫШТА=** ет. *Қырғышпен қайта-қайта қыру.*

**ҚЫРҒЫШТАЙ** сын. *Қырғыш сияқты.*

**ҚЫРҒЫШТАУ** *Қырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРДЫР=** ет. *Қырғызу, алғызу.*

**ҚЫРДЫРТ =** ет. *Біреуге қырғызу, алдырту.*

**ҚЫРДЫРТУ** *Қырдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРДЫРУ** *Қырдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЖАПЫРАҚ** зат. өс. ***Шыбынсалы.***

**ҚЫРЖИ=** ет. **1.** *Қатпарлану, бүктетілу, жиырылу.* **2.** ауыс. *Қабағын ашпау, ұнатпау; тыржию.*

**ҚЫРЖИТ=** ет. **1.** *Қатпарландыру, жиырылдыру.* **2.** ауыс. *Қисайту, тыржиту.*

**ҚЫРЖИТУ** *Қыржит етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЖИЫС=** ет. *Бірігіп ұнатпау, тыржиысу.*

**ҚЫРЖИЫСУ** *Қыржиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЖИЮ** *Қыржи етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЖУА** зат. сөйл. *Жуа өсімдігінің жабайы түрі.*

**ҚЫРЖЫҚ** сын. **1.** *Көрер көзге қораш, қысқа, мыртық.* **2.** ауыс. *Өз дегенінен басқаны істемейтін, қырсық, қыңыр.*

**ҚЫРЖЫҢ** елік *Жақтырмағанда адам бетінде болатын қысқа жеке қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Қыржың етті**. *Қыржыңдады, жақтырмады.*

**ҚЫРЖЫҢДА=** ет. **1.** *Қыржың-қыржың ету, жақтырмау.* **2.** *Денесімен, бет қозғалысымен жақтырмағанын, ұнатпағанын көрсету; ыңғайсыз қозғалу.*

**ҚЫРЖЫҢДАТ=** ет. *Ыңғайсыз қозғалту.*

**ҚЫРЖЫҢДАТУ** *Қыржыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЖЫҢДАУ** *Қыржыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚА** зат. **1.** *Ойлы-қырлы, көп белесті, майда өзекті жер бедері.* **2.** геогр. *Қатарласа созылып жатқан бірнеше қыраттардың жалпы атауы.* **3.** ауыс. *Белгілі бір кезең, адам өміріндегі елеулі шақ, белес.*

**Қырқадан шапты**. *Сыртынан тиді, сыртынан шапты.*

**ҚЫРҚАҒЫ** зат. *Ауылдан сырт, шет жердегі.*

**ҚЫРҚАЙ**[1] үст. *Бәрі, түгел; жаппай, шетінен.*

**ҚЫРҚАЙ**[2]: **қырқай шалу**. *Ту сыртынан, қапсыра екі аяғын қоса шалу.*

**ҚЫРҚАЛА=** ет. *Қырқамен жүру.*

**ҚЫРҚАЛАН=** ет. *Қырқа-қырқа болу, жоталану.*

**ҚЫРҚАЛАНУ** *Қырқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚАЛАУ**[1] сын. *Аздап қырқа, сәл ғана биіктеу.*

**ҚЫРҚАЛАУ**[2] *Қырқала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚАЛЫ** сын. *Қырқа-қырқа болып келген, қырқасы бар.*

**ҚЫРҚАР**[1] зат. көне. ***Қылыш.***

**ҚЫРҚАР**[2] зат. ***Қырқым.***

**ҚЫРҚАР**[3] сын. жерг. *Қу, айлакер, айлалы.*

**ҚЫРҚАРЛА=** ет. көне. *Бірінің ізімен бірі жүру, ызбау.*

**ҚЫРҚАРЛАН=** ет. *Бірінің ізімен жүру, жұбалу.*

**ҚЫРҚАРЛАНУ** *Қырқарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚАРЛАУ** *Қырқарла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚАРЛЫҚ** зат. жерг. *Қулық, айлакерлік.*

**ҚЫРҚАСЫН** зат. *Кішігірім қырқа; қырқашық.*

**ҚЫРҚАСЫНДАУ** сын. *Аздап биіктеу.*

**ҚЫРҚАШ** зат. сөйл. ***Қырқашық.***

**ҚЫРҚАШЫҚ** зат. *Кішігірім қырқа; қырқасын.*

**ҚЫРҚ-ҚЫРҚ** елік. *Қайта-қайта жөткірінгенде шығатын дыбысқа ұқсас қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Қырқ-қырқ етті**. *Қырқылдаған үн шығарды.*

**ҚЫРҚУ** *Қырық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚУШЫ** зат. *Бір нәрсені қырқатын адам.*

**ҚЫРҚҰЛАҚ**[1] зат. сөйл. *Дәрумендер жетіспеушіліктен болатын ауру түрі, цинга.*

**ҚЫРҚҰЛАҚ**[2] зат. өс. сөйл. *Жайылымдықтар мен шалғындықтарда өсетін өсімдіктердің бір түрі.*

**ҚЫРҚЫ** зат. этн. *Марқұмның қайтыс болғанына қырық күн толуына байланысты берілетін құдайы ас.*

**Қырқынан шығару**. этн. *Сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткенде ырымдап суға шомылдыратын ғұрып [Қалыптасқан дәстүр бойынша, нәрестенің қарын шашын ер кісі алған, ұрпағы өсіп-өнген қария әже 40 қасық суды баланың үстіне құйып тұрып 30 омыртқаң жылдам бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын деп тілек айтқан].* **Қырқынан шықты.** діни. *Жаңа туған нәресте қырық күнге толды.* **Қырқын берді**. этн. *Қайтыс болған кісіге арнап қырық күннен кейін ас берді, қырық күндігін ас-су беріп, атап өтті.*

**ҚЫРҚЫЛ**= ет. **1.** *Кесілу, қиылу.* **2.** ауыс. *Алыну, шабылу.* **3.** *Қырқын кезіндегі қой жүнінің қиылып алынуы.* **4.** *Тозығы жетіп жыртылу.*

**ҚЫРҚЫЛҒЫР: жасың қырқылғыр**. қарғ. *Өрем қап, өліп қал деген мағынада.*

**ҚЫРҚЫЛДА**=ет. *Қырқ-қырқ еткен дыбыс шығару.*

**ҚЫРҚЫЛДАҚ**: **қырқылдақ торғай**. зоол. *Шымшық тұқымдасына жататын кішкене құс.*

**ҚЫРҚЫЛДАС=** ет. *Керідесу, керісу.*

**ҚЫРҚЫЛДАСУ** *Қырқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫЛДАТ**= ет. *Қырқылдаған дыбыс шығарту, қырқ-қырқ еткізу.*

**ҚЫРҚЫЛДАТУ** *Қырқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫЛДАУ** *Қырқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Қырқылдай беретін, қырқылдағыш.*

**ҚЫРҚЫЛЖЫҢ**[1] зат. *Келіспеушіліктен келіп шығатын ұрыс-керіс, қырғиқабақтық.*

**ҚЫРҚЫЛЖЫҢ**[2] сын. *Жасы ұлғайып, егде тартқан мылжың, егде (адам).*

**Қырқылжың тартты**. *Жасы келіп, күш-қайраты кеміді.*

**ҚЫРҚЫЛУ** *Қырқыл етістігінің қимыл атауы; қиылу.*

**ҚЫРҚЫМ** зат. малшар. *Қой жүнін қырқатын науқан, қырықтық.*

**ҚЫРҚЫМШЫ** зат. *Қой қырқатын адам.*

**ҚЫРҚЫН: қырқын мінсе, қыр артылмас.** *Ұзаққа бармайтын, ештеңеге жарамайтын, төбе аспас.*

**ҚЫРҚЫНДЫ**[1] зат. *Өрмек жіптерінің тоқуға келмей қалғандықтан қырқып алынған, ұзындықтары 35-40 см-дей жері.*

**ҚЫРҚЫНДЫ**[2] з а т. ж е р г. *Мал жегеннен сояуы шығып қалған қалдық шөп, кәшек.*

**ҚЫРҚЫНШЫ** с а н. *Қырық санының реттік түрі.*

**ҚЫР-ҚЫР** е л і к. *Тұншыққанда, жаналқымға келіп қысылғанда т.б. жағдайлардағы дауыстың былығып, қырқылдағанын білдіретін сөз.*

**Қыр-қыр етті**. *Дауысы қырылдап шықты, қырылдады.*

**ҚЫРҚЫРА=** е т. *Қыр-қыр ету, қырылдау.*

**ҚЫРҚЫРАТ=** е т. **1**. *Қыр-қыр еткізу, қырылдату.* **2.** а у ы с. *О дүниелік қылу, көзін жою, құрту.*

**ҚЫРҚЫРАТУ** *Қырқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫРАУ** *Қырқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫС** з а т. *Қиян-кескі ұрыс, соғыс.*

**ҚЫРҚЫС=** е т. *Өзара таласу, тартысу, қырық пышақ болу.*

**ҚЫРҚЫСТЫР=** е т. *Ұрыс-жанжал тудыру, айдап салу.*

**ҚЫРҚЫСТЫРУ** *Қырқыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРҚЫСУ** *Қырқыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЛА=** е т. **1.** *Қыр шығару, қыр түсіру.* **2.** с ө й л. *Қырмен жүру, қырқа лау.* **3.** а у ы с. *Қисынын келтіру, жүйелеу, ойластыру.*

**ҚЫРЛАН=** е т. **1.** *Қыр шығарылу, қыр түсірілу, дөңестену.* **2.** а у ы с. *Сайлану, жасану, буынып-түйіну.*

**ҚЫРЛАНДЫР=** е т. *Қыр түсіру, қырлы ету.*

**ҚЫРЛАНДЫРУ** *Қырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЛАНУ** *Қырлан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қыры шығу, қыр салыну.* **2.** а у ы с. *Қыр көрсету, мақтану.*

**ҚЫРЛАТ=** е т. **1.** *Қыр салғызу, қыр түсірткізу.* **2.** с ө й л. *Қырмен жүргізу, қырды бойлату.*

**ҚЫРЛАТУ** *Қырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЛАУ**[1] с ы н. *Қыр болып келген, дөңестеу.*

**ҚЫРЛАУ**[2] *Қырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЛЫ** с ы н. *Бір немесе бірнеше қыры бар.*

**Қырлы төсті құстар.** з о о л. <лат. neognathae> *Желпуіш құйрықты құстардың отряд үсті тобы.*

**ҚЫРЛЫҚ** з а т. *Сәл дөңестеу жер, қыр, қырат. // Қырға тән, қырда өсетін.*

**ҚЫРЛЫЛАУ** с ы н. *Аздап қыр болып келген, қыры бар.*

**ҚЫРЛЫЛЫҚ** з а т. *Қырлы болып келушілік.*

**ҚЫРЛЫСАБАҚ** з а т. ө с. с ө й л. ***Бидайбас.***

**ҚЫРЛЫСТЫР=** е т. ж е р г. ***Қырылыстыр.***

**ҚЫРЛЫШӨП** з а т. ө с. <лат. polygonatum> *Жалпақ жапырақты ормандар мен бұталардың арасында өсетін, биіктігі 30-100 см-дей лалагүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫРМА**[1] з а т. *Мал сойылатын жер; мал базары.*

**ҚЫРМА**[2] с ы н. *Қырып алғандай, таптақыр, аласа. // Аласа шөп.*

**Қырма мұрт.** *Қырылып жүрген, қырылған мұрт.* **Қырма сақал.** *Жігіт ағасы болған, кексе тартқан, қырықтан асып, жасы ұлғая бастаған.* **Қырма таз.** *Әр жерде тықыр ғана шашы бар, шашы түсіп, селдіреп, жұқарып қалған таз.*

**ҚЫРМА**[3] з а т. ө с. *Қыр-қыраттарға, қыраңға өсетін аласырақ шөптердің бірі.*

**ҚЫРМАЛА=** е т. *Қайта-қайта қыру, тазарту.*

**ҚЫРМАЛАУ** *Қырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРМАН** [ир. خرمن] з а т. *Астық бастыратын, тазалайтын, кептіретін ашық алаң.*

**Қырман басты.** *Дәнді қауызынан ажыратты, сабағынан бөлді.* **Қырман қандады.** *Астыққа орақ түскенде ырым етіп, құрбандыққа мал шалды.* **Қырман қандау.** к ө н е. э т н. *Егін орылып болып, қырманға саларда мал сойып, тіл-көзден аман болсын деген ниетпен жасалатын ырым.* **Қырман салды**. *Егістіктен жиналған дәнді бастырып, тазалады, қырман қызылға толды.* **Қырман толсын [дарысын]**. *Астық көбейсін деген мағынадағы тілек.* **Қырманыңа қыдыр дарысын.** т і л е к с ө з. *Астық берекелі болсын, түсім мол болсын деген мағынада айтылатын тілек.*

**ҚЫРМАНДА=** е т. с ө й л. *Астықты төбелеп үю.*

**ҚЫРМАНДАП** ү с т. *Қырман-қырман етіп, мол ғып.*

**ҚЫРМАНДАУ** *Қырманда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРМАНТҮП** з а т. *Қырман аяқталар кезде бөліске түсетін астық.*

**ҚЫРМАНШЫ** з а т. *Қырманда жұмыс істейтін адам.*

**ҚЫРМЫЗЫ** [ир. قرمز] с ы н. **1.** *Ашық қызыл (түс).* **2.** а у ы с. *Өте сұлу, әдемі (жас).* **3.** а у ы с. *Бақытты өмір, қайғы-қасіретсіз, қуаныш пен шаттыққа толы заман.*

**Қырмызы тон.** *Қыз-келіншектерге арнап қызыл масатыдан тігілетін қаптал шапан.*

**ҚЫРМЫЗЫ** з а т. ө с. с ө й л. ***Қырмызыгүл.***

**ҚЫРМЫЗЫГҮЛ** з а т. ө с. <лат. calendule> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын жартылай бұта; сабағы бұтақтанып өсетін, гүлі сары, біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫРМЫЗЫДАЙ** с ы н. *Қырмызы сияқты, қырмызы тәрізді.*

**ҚЫРНА=** е т. *Бір нәрсені қырып тазарту, артық нәрселерден арылту.*

**ҚЫРНАҒЫШ** з а т. *Асыл темірден жасалып, сүйек, тас өңдейтін құрал.*

**ҚЫРНАЛ=** е т. **1.** *Қырылып, артық нәрселерден арылтылу, жонылу, қашалу.* **2.** а у ы с. *Жойылу, құртылу.*

**ҚЫРНАЛУ** *Қырнал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРНАП-ЖОН=** е т. *Өңдеу, жөндеу.*

**ҚЫРНАП-ЖОНУ** *Қырнап-жон етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРНАТ=** е т. *Қырғызу, жонғызу, қашатқызу.*

**ҚЫРНАТУ** *Қырнат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРНАУ** *Қырна етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРНАУШЫЛЫҚ** з а т. *Бір нәрсені қырнап жонушылық.*

**ҚЫРНАУЫШ** з а т. *Қырып тазалайтын, қырнайтын құрал.*

**ҚЫРНАУЫШТЫ** с ы н. *Қырнауышы бар, қырнауыш орнатылған.*

**ҚЫРӨЗЕК** з а т. *Жұқпалы аурудың түрі.*

**ҚЫРПУ**[1] з а т. *Бір нәрсенің бүктелген жері, жиегі.*

**ҚЫРПУ**[2] з а т. э т н о г р. *Дулығаның астынан киетін киіз қалпақ.*

**ҚЫРПУ**[3] з а т. ж е р г. *Биік жер, дөңес, қырат.*

**ҚЫРПУ**[4] з а т. ж е р г. *Қолайлы кез, ыңғай, сәт.*

**Қырпуын тауып ұрды [соқты].** *Қолайын, ыңғайын келтіріп соққы жасады.*

**ҚЫРПУ**[5] с ы н. *Тәкаппар, астам.*

**ҚЫРПУ**[6] *Қырпы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРПУЛА**[1]**=** е т. *Тегістеп кесу, қысқарту.*

**ҚЫРПУЛА**[2]**=** е т. *Жиектеу, жағалау.*

**ҚЫРПУЛАУ** *Қырпула етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРПЫ** з а т. к ө н е. *Дулыға ішінен киетін баскиім.*

**ҚЫРПЫ=** е т. *Бір нәрсенің ұшын қырқу, тегістеп кесу.*

**ҚЫРПЫҚ** с ы н. *Қыраң-қыратты.*

**ҚЫРСАУ**[1] з а т. с ө й л. ***Құрсау.***

**ҚЫРСАУ**[2] с ы н. ж е р г. **1.** *Жүрісі шабан, қыңыр, кежір мінезді (мал).* **2.** *Қырсық, қыңыр мінезді (адам).* **3.** *Жай, баяу шығатын, әлсіз (дауыс, әуен).*

**ҚЫРСАУЛАН=** е т. *Қырсығу, кежірлену.*

**ҚЫРСАУЛАНУ** *Қырсаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСАУЛАУ** с ы н. **1.** *Шабандау, жалқау* **2.** а у ы с. *Жойылу, құртылу; қырыстау, қыңырлау.*

**ҚЫРСАУЛЫҚ** з а т. *Жалқаулық, қыңырлық, қиқарлық, кежірлік.*

**ҚЫРСАУСУ** *Қырсаусы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСАУСЫ=** е т. с ө й л. *Кежірлену, қырсаулану.*

**ҚЫРСЫҒУ** *Қырсық етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСЫЗ** с ы н. **1.** *Қыры жоқ, қыры шығарылмаған.* **2.** а у ы с. *Еш нәрсеге ебі жоқ, икемсіз.*

**Қырсыз төсті құстар**. з о о л. <лат. gradietes> *Желпуіш құйрықты құстардың отрядтан жоғары тобы.*

**ҚЫРСЫЗДАН=** е т. *Қыры жоқ болу, икемсіздену, ебі кету.*

**ҚЫРСЫЗДАНУ** *Қырсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСЫЗДАУ** с ы н. *Икемсіздеу, епсіздеу.*

**ҚЫРСЫЗДЫҚ** з а т. *Икемсіздік, епсіздік.*

**ҚЫРСЫҚ**[1] з а т. м и ф. *Адамның желкесіне отырып, игі істер жасауына кедергі болатын, кесір келтіретін, көзге көрінбейтін зиянды күш [Мифологиялық түсінік бойынша, қырсықты тек бүркіт қана көре алады].*

**ҚЫРСЫҚ**[2] з а т. *Адамға кездейсоқ кездесетін кесір, кедергі, кесапат, пәле.*

**Қырсығы тиді.** *Пәлеге ұшырауға себепкер болды, залалы тиді.* **Қырсық айналдырды**. *Пәлеге ұшырады, қырсық шалды.* **Қырсық арылмады.** *Ісі оңға баспады.* **Қырсық қашты.** *Ырыс, береке кірді.* **Қырсық шалды.** *Пәлеге тап болды, кедергіге ұшырады, қырсық айналдырды; жолы болмады, ісі оңға баспады.*

**ҚЫРСЫҚ**[3] с ы н. *Өзінің айтқаны болмаса, басқаға көнбейтін бір бет, қыңыр, қиқар.*

**Қырсық сөз.** *Керісінше айтылған қыңыр сөз, кекесін.*

**ҚЫРСЫҚ=** е т. *Айтқанға көнбеу, қыңырлану, қиқарлану.*

**ҚЫРСЫҚ-КЕСЕПАТ** з а т. с ө й л. ***Кесір-кесапат.***

**ҚЫРСЫҚ-ҚЫҢЫР** с ы н. *Жөнге көнбейтін, қисық.*

**ҚЫРСЫҚСЫЗ** с ы н. *Қырсығы жоқ, кесір-кесапатсыз.*

**ҚЫРСЫҚТАН=** е т. *Қыңырлану, қырсығу.*

**ҚЫРСЫҚТАНУ** *Қырсықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСЫҚТАУ** с ы н. *Айтқанға көнбейтін, қыңырлау, аздап қырсық, қиқар мінезділеу.*

**ҚЫРСЫҚТЫ** с ы н. *Қырсығы мол, кесір-кесапатты.*

**ҚЫРСЫҚТЫҚ** з а т. *Қыңырлық, қисықтық, кесапаттық.*

**ҚЫРСЫҚТЫР=** е т. *Қыңырландыру, қисайту, кесапаттандыру.*

**ҚЫРСЫҚТЫРУ** *Қырсықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРСЫҚШЫЛ** с ы н. *Қырсығы мол, кесапатшыл.*

**ҚЫР-СЫРЫ** з а т. *Бір нәрсенің өзіне тән ерекшелігі, басқаға белгісіз қасиеті, жай-жапсары.*

**ҚЫРТ**[1] с ы н. *Мылжың, езбе, сөзуар (адам).*

**ҚЫРТ**[2] е л і к. *Бір нәрсені сындырғанда, үзгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚЫРТ=** е т. *Орынсыз сөйлеу, мылжыңдау; оттау.*

**ҚЫРТИ=** е т. *Бұртию, өкпелеу, қырсығу.*

**ҚЫРТИМА** сын. *Қыртиып қалғыш, қырсық.*

**ҚЫРТИЮ** *Қырти етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТ-ҚЫРТ** елік. *Қаттырақ затты тістегенде не шайнағанда шығатын қайталама дыбыс.*

**ҚЫРТПЫШ** сын. *Есейген, тіс қаққан (жас бала жайлы).*

**ҚЫРТТЫҚ** зат. *Бейшаралық, сорлылық.*

**ҚЫРТТЫР=** ет. *Орынсыз, бос сөйлету, мылжыңдату, оттату.*

**ҚЫРТТЫРУ** *Қырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТУ** *Қырт етістігінің қимыл атауы; мылжыңдау, әр нәрсені бір айтып оттау.*

**ҚЫРТЫЛ** зат. *Қыртылдаған көп сөз, түкке тұрғысыз әңгіме, көп сөйлегендік.*

**ҚЫРТЫҢДА=** ет. *Тыржиып жақтырмау, кіржіңдеу.*

**ҚЫРТЫҢДАУ** *Қыртыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТЫС** зат. **1.** *Жердің үстіңгі қабаты, беті.* **2.** *Заттың бүктетілуінен пайда болатын қатпар.* **3**. *Адамның маңдайына, бетіне түсетін әжім, сызық.* **4.** ауыс. *Сыр, құпия.*

**Қыртысы жазылды [тарады].** *Ашуы тарқады, қабағы ашылды.*

**ҚЫРТЫС-ҚЫРТЫС** сын. *Қыртыстанған, қатпар-қатпар.*

**ҚЫРТЫССЫЗ** сын. *Қыртысы жоқ, қыртыс түспеген, қыртыстанбаған.*

**ҚЫРТЫСТА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің қыртысын аршу, үстінен жұқалап алу.* **2.** *Бір нәрсені түбіне дейін қырып алу, түк қалдырмау, барынша сыпыру.*

**ҚЫРТЫСТАЛ=** ет. *Қыртыс салыну, қыртыс түсу, қатпарлану.*

**ҚЫРТЫСТАЛУ** *Қыртыстал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТЫСТАН=** ет. *Қыртыс түсу, қатпарлану.*

**ҚЫРТЫСТАНДЫР=** ет. *Қатпарландыру, қыртыс түсіру.*

**ҚЫРТЫСТАНДЫРУ** *Қыртыстандыр етістігінің қимыл атауы; жер қыртысын құнарландыру, егін егуге дайындау.*

**ҚЫРТЫСТАНУ** *Қыртыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТЫСТАУ** *Қыртыста етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРТЫСТЫ** сын. *Қыртысы бар, қыртысы қалың.*

**ҚЫРТЫС-ТЫРТЫС** зат. **1.** *Киімнің қатпарланған, тыртысқан жері.* **2.** ауыс. *Ашу, ыза; өкпе, реніш.*

**ҚЫРУ**[1] *Қыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қырғыштау, қырнау, жұқалап алу, сыдыру.* **2.** *Сақал-мұртты, шашты ұстарамен сыпыру.*

**ҚЫРУ**[2] *Қыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қырып-жою, құрту, қырғынға ұшырату.* **2.** *Аңды ұстау, ату.* **3.** *Зиянкестерді құрту, өлтіру.*

**ҚЫРУАР** [ир. خروار] сын. *Сансыз көп, тола.*

**ҚЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Өлтірушілік, жоюшылық.*

**ҚЫРШ** елік. *Қатты нәрсені кескенде, не тістегенде шыққан қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қырш еткізді.** *Қарш еткізді, ғырт еткізді.*

**ҚЫРША** сын. *Қырлы келген.*

**ҚЫРШАҢҚЫ** зат. **1.** вет. <лат. sarcoptesegui> *Жылқы қотырының түрі (қышыма), жұқпалы тері ауруы.* **2.** ауыс. *Қырсық, қыңыр, шақпа тілді (адам).*

**Қыршаңқы тіл.** *Кесір, қыңыр сөз, жанды жерге тигізіп, тістеп сөйлеушілік.*

**ҚЫРШАҢҚЫЛАН=** ет. **1.** *Қыршып, тістелеу.* **2.** ауыс. *Қыңырлану, қырсықтану, кесір сөйлеу.*

**ҚЫРШАҢҚЫЛАНУ** *Қыршаңқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРШАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Қырсықтық, қыңырлық.*

**ҚЫРШ-ҚЫРШ** елік. *Қатты затты тістегенде, шайнағанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Қырш-қырш еткізді.** *Қаршылдатты, қыршылдатып шайнады.*

**ҚЫРШУ** *Қыршы етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРШУЫШ** зат. техн. *Жер өңдейтін тісті құрал (мәшине).*

**ҚЫРШУЫШТЫ** сын. *Қыршуыш тістері бар (соқа).*

**ҚЫРШЫ=** ет. **1.** *Тістеп жұлып алу.* **2.** жерг. *Жердің қыртысын алып, тегістеу, тазалап тастау, аршу.*

**ҚЫРШЫЛ=** ет. **1.** *Тегістелу, аршылу.* **2.** *Киімнің бүктелген, қайырылған жерлерінің әр нәрсеге тиіп, үйкеліп қырқылуы.* **3**. ауыс. *Жалқаулану, кежегесі кері тарту.*

**ҚЫРШЫЛДА=** ет. *Қырш-қырш ету, қыртылдау.*

**ҚЫРШЫЛДАТ=** ет. *Қырш-қырш еткізу, қыртылдату.*

**ҚЫРШЫЛДАУ** *Қыршылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРШЫН** зат. *Буғанасы қатпаған жасөспірім, боздақ.*

**Қыршын жас [жастық].** *Боздақ, өрімдей жас, жап-жас.* **Қыршын [өмірден қыршын] кетті**. *Дүниеден жастай қайтты, мезгілсіз дүние салды.* **Қыршын күйінде [кезінде].** *Жас кезінде, жасөспірім шағында.* **Қыршынынан қиылды**. *Жастай мерт болды, өмірден ерте кетті.* **Қыршыныңнан қиылғыр!** қарғ. *Дегеніңе жетпей кеткір, жуадай солғыр, жастайыңнан өлгір деген мағынада.*

**ҚЫРШЫНДАЙ** сын. *Өрімдей, жап-жас.*

**ҚЫРШЫНДЫҚ** зат. *Жастық, есеймегендік.*

**ҚЫРШЫС=** ет. *Тістеп жұлысу.*

**ҚЫРЫҚ** сан. **1.** *Отыз тоғыз бен қырық бірдің арасындағы есептік сан; 40 санының атауы. // Қырық жас.* **2.** ауыс. *Көп, мол, қыруар.*

**Қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басы қара қойдың құмалағы болсаң, ақ сөйле!** көне. *Жолаушының сапарын, аман-есендігін, не бір оқиға барысын, я болмаса жоғалған мал-мүлікті болжау үшін құмалақшылар, балгер, бақсылар, тәуіптер құмалақ ашарда айтылатын сөз.* **Қырық жамау.** а) *Шоқпыт-шоқпыт, бірнеше жеріне жамау түскен, тозығы жеткен.* ә) бейн. *Назалы, қайғылы, ренішті, көп қайғыға, қасіретке ұшыраған.* **Қырық жерге қойма қойды.** *Неше түрлі құлық-сұмдық ойлады.* **Қырық жеті.** көне. этн. *Айттырылған қызға төленетін қалыңмал мөлшері [Қырық жеті мынадай бөлікке бөлініп аталады: бас жақсы – 10 жылқы; құлынды бие – 16 жылқы; құнан; құнажын (3 жасар жылқы мен бие) – 7 бас; тай-құнан – 7 бас; жеке ту бие, жанама жақсы (жылқы немесе түйе); аяқ жақсы – 7 бас; барлығы – 47 бас].* **Қырық жеті мал.** этн. *Қызға берілетін қалыңмал.* **Қырық жыл [жылдай].** *Өте ұзақ уақыт, көп уақыт бойы.* **Қырық жылғы.** а) *Баяғыдан келе жатқан, бұрыннан бар, тым көне, ескі, өңі тайған.* ә) *Естен шығып кеткен ертедегі оқиға, жасырып жүретін әңгіме.* **Қырық жыл қырғын болса да.** *Қандай қиямет, қиын-қыстау болса да.* **Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі [жетеді].** *Көрер жарығы бар, бұл өмірден дәм-тұзы әлі таусылмаған адамға ажал алыс деген мағынада.* **Қырық жілік болғыр!** қарғ. *Сойылғыр, өлгір деген мағынада (көбіне, қара малға айтылады).* **Қырық кемпірдің қалауынан жиылған.** жерг. *Қырық ру, әртүрлі.* **Қырық күн қырғын, мың күн сүргін.** *Қысылтаяң, қиын-қыстау жағдай, тар кез.* **Қырық күн [түн] ойын, қырық күн тойын қылды [жасады].** *Үлкен қуаныштың құрметіне (үйлену, сәбилі болу т.б.) балуан күрестіріп, ат шаптырып, көкпар тартыстырып, ұлан-асыр той өткізді.* **Қырық күн шілде.** *Жаздың нағыз ыстық кезі, 22-24 маусымнан 2-4 тамызға дейін 40 күнге созылатын ыстық шақ.* **Қырық күн шілде түсті.** *Аптап ыстық келді.* **Қырық күншілік жер**. *Ұзақ, алыс жер.* **Қырық кісі.** *Көп адам.* **Қырық қабат.** а) *Қалың, бірнеше қабат.* ә) *Бірнеше рет.* б) экспр. *Өте биік, басты айналдыратын.* **Қырық қабырғасы қайысты.** *Әбден күйзеліп, қайғырды.* **Қырық қазанның [қырық үйдің қазанының] құлағын тістеді.** *Қыдырып жүріп, әр үйден тамақ ішті.* **Қырық қақпан құрды.** *Түрлі айла, амал-шарғы жасады.* **Қырық қаншада.** жерг. *Қырықтың үстінде деген мағынада.* **Қырық қара нар майына суарды.** фольк. *Жебе жасайтын құ ағашты нардың майымен сылап, майсіңді етті.* **Қырық құбылды.** *Сан рет өзгерді, әртүрлі көрініс берді.* **Қырық құлаш.** *Өте ұзын.* **Қырық құрау [құрақ].** а) *Әбден тозығы жеткен, жамау-жасқау.* ә) *Біркелкі емес, ойдан-қырдан, анан-мұнан құралған, алуан түрлі.* **Қырық құраулы.** *Әбден тозығы жеткен, шұрық тесік; жамауы көп.* **Қырық қырлы.** *Алуан түрлі, жан-жақты.* **Қырық пышақ**. *Араз, өш, өзара қырқысқан.* **Қырық пышақ болды.** *Өзара таласып-тартысты, қырқысты, жанжалдасты, керісті.* **Қырық ру.** *Әр рудан құралған, әр жерден жиналған құрама.* **Қырық саққа жүгіртті.** *Сан түрлі құбылтты, түрлендірді.* **Қырық сан қырым жұрты.** *Түрлі ру-тайпадан құралған ел.* **Қырық серкеш.** этн. *Нағашы мен жиен арасындағы әзіл-қалжың, сыйластыққа негізделген туыстық қатынасқа байланысты ғұрып.* **Қырық сідік.** *Жасырын жүрістен туған бала.* **Қырық темірдің қылауы.** *Әртүрлі, қырық ру.* **Қырық тесік.** *Бүтін жері жоқ, сау-тамтығы жоқ, шұрық тесік.* **Қырық түрлі**. *Алуан түрлі, сан алуан.* **Қырықтың бірі Қыдыр [деген].** *Үйге келген адамның бірі болмаса бірі құт, береке әкелуші; әрбір адамнан жақсылық күт, әркімнің өзінше шарапаты болады.* **Қырық шырақ жақты.** этн. *Қайтыс болған адамның рухына арнап қырқына дейін қырық шырақ жақты.* **Қырық ру.** *Аннан-мұнан құралған, құранды.* **Қырық үйдің қылауынан.** *Сүйегі сынған адамға қырық үйден ас әкеліп беру ырымы туралы айтылады.*

**ҚЫРЫҚ=** ет. *Өткір қарумен кесу, қию.*

**ҚЫРЫҚАЯҚ**[1] зат. зоол. <лат. oniscoidea> *Көбінесе дымқыл жерде болатын көп аяқты жәндік.*

**ҚЫРЫҚАЯҚ**[2] зат. тех. *Мәшиненің темірден немесе шойыннан жасалған, қырықаяққа ұқсас бөлшегі.*

**ҚЫРЫҚБУЫН**[1] зат. өс. <лат. eguisetum> *Ылғалды, дымқыл жерлерде биіктігі 20-40 см-дей, қырықбуындар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, жерге жайылып буын-буын болып өсетін көпжылдық өсімдік.*

**ҚЫРЫҚБУЫН**[2] зат. өс. *Шөл-шөлейтті жерлерде, құмда өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, бұйырғынның бір түрі.*

**ҚЫРЫҚ-ЕЛУ** сан. *Қырық пен елудің төңірегіндегі болжалды сан.*

**ҚЫРЫҚҚАБАТ** зат. өс. <лат. brassica> *Тағам үшін қолданылатын айқасгүлділер тұқымдасына жататын бау-бақша өсімдігі.*

**ҚЫРЫҚҚҰЛАҚ** зат. бот. <лат. polypodiaceae> *Жоғарғы сатыдағы споралы өсімдіктер бөліміне қарайтын көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ҚЫРЫҚҚҰЛАҚТӘРІЗДІЛЕР** зат. бот. <лат. polypodiophyta> *Жоғары сатыдағы споралы, дүниежүзіне кең тараған өсімдіктер.*

**ҚЫРЫҚҚЫЗ=** ет. *Басқа біреуге қырықтыру, қиғызу.*

**ҚЫРЫҚ-ОТЫЗ** сан. *Отыз бен қырық аралығы.*

**ҚЫРЫҚПА** сын. *Қырқылған, қиылған. // Жүні қырқылған тері, елтірі.*

**Қырықпа мұртты**. *Мұртын қырқып жүретін (ер адам).* **Қырықпа сақал.** *Сақалын қырқып жүретін, жасы қырық-елу шамасындағы ер адам.* **Қырықпа тон.** *Жүні қырқылған теріден тігілген тон.* **Қырықпа шалбар**. э т н . *Жүні қырқылған теріден тігілген шалбар.*

**ҚЫРЫҚТАП** ү с т . *Қырық-қырықтан; көптеп, молдап.*

**ҚЫРЫҚТЫҚ** з а т . **1.** *Қой, ешкі малдарының жүнін қырқатын, айқастырылып, серіппелі етіп орнатылған қос пышақты құрал.* **2.** *Қойды жаппай қырқу науқаны.*

**Қырықтық агрегаты**. т е х . *Қой, ешкі т.б. малдардың жүнін қырқатын құрал.*

**ҚЫРЫҚТЫҚШЫ** з а т . *Қырықтықпен қой қырқатын адам.*

**ҚЫРЫҚТЫҚШЫЛЫҚ** з а т . *Қой қырқатын мамандық, кәсіп.*

**ҚЫРЫҚТЫР=** е т . **1.** *Қой, ешкілердің жүнін біреуге алдыру.* **2.** ж е р г . *Шашын кестіру, қидыру.*

**ҚЫРЫҚТЫРУ** *Қырықтыр етістігінің қимыл атауы; кестіру, қидыру.*

**ҚЫРЫЛ** з а т . *Тамақ ауырғанда не тынысы тарылғанда шығатын дыбыс.*

**ҚЫРЫЛ**= е т . *Жаппай өлу, тегістей мерт болу.*

**ҚЫРЫЛДА=** е т . *Қыр-қыр етіп дыбыс шығару; тынысы тарылу.*

**ҚЫРЫЛДАҚ**[1] з а т . *Мұздаған жем, су мен жарақат салдарынан жұтына алмай күйісінен жаңылған мал пырылдап, тынысы тарылатын жұқпасыз ауру түрі.*

**ҚЫРЫЛДАҚ**[2] с ы н . *Даусы қырылдап шығатын.*

**Қырылдақ шүрегей.** з о о л . <лат. anas formosa> *Оқта-текте Ертіс жағалауында, Зайсан қазаншұңқырының сулы-батпақты жерлерінде, Келестің Сырдарияға құяр сағасында кездесетін, салмағы 500–600 г шамасындағы шүрегей түрі.*

**ҚЫРЫЛДАҢҚЫ** с ы н . *Қырылдап қалған, қарлыққан (*д а у ы с *).*

**ҚЫРЫЛДАУЫҚ** с ы н . *Қырылдаған, қырылдап шығатын (*д а у ы с *).*

**ҚЫРЫЛ-СЫРЫЛ** з а т . *Қырылдаған, сырылдаған дыбыс.*

**ҚЫРЫЛУ** *Қырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫЛЫС=** е т . *Қырқысу, таласу, соғысу.*

**ҚЫРЫЛЫСТЫР=** е т . *Өзара қырқыстыру, айтақтау.*

**ҚЫРЫЛЫСУ** *Қырылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫМ**[1] з а т . *Алыс жер, қия шет.*

**Қырымнан көрді [іздеді].** *Алыстан, көз ұшынан байқады, жердің түбінен іздеді.*

**ҚЫРЫМ**[2]**: қырым балақ.** *Қырқылған балақ.* **Қырым ет жоқ [етсіз]**. *Қырып алар еті жоқ, арық.*

**ҚЫРЫМОШАҒАН** з а т . ө с . <лат. medicago minima> *Сортаң жерлерде өсетін, биіктігі 10-40 см-дей, көп бұтақты шөптесін өсімдік.*

**ҚЫРЫМПАЗ** с ы н . *Жинақы, таза жүретін сылаң, кербез (адам).*

**ҚЫРЫМПАЗДАН=** е т . *Жинақы, таза жүру, кербездену.*

**ҚЫРЫМПАЗДАНУ** *Қырымпаздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫМПАЗДЫҚ** з а т . *Кербездік, әсемпаздық.*

**ҚЫРЫМПОЗ** с ы н . с ө й л . ***Қырымпаз.***

**ҚЫРЫН** с ы н . **1.** *Оң не сол бүйірі алға қараған; басқа жақ.* **2.** а у ы с . *Теріс, қисық, қыңыр.*

**Қырын алдырмады.** *Сыр бермеді, шыдады, төзді.* **Қырын жүрді**. *Бөлектенді, жуымады.* **Қырын келді.** *Жайсыз тиді, қолайсыз болды; қырсықты, қыңырайды.* **Қырын қарады.** *Теріс қарады, жақтырмады.* **Қырын шауып, қиғаш қашты.** *Орынсыз, лайықсыз қылық көрсетті, ұнамсыз іс қылды.*

**ҚЫРЫН=** е т . *Сақал-мұртын ұстарамен алу.*

**ҚЫРЫНДА** е т . **1.** *Бір қырымен отыру, тұру.* **2.** а у ы с . *Қызға ұнау үшін есебін тауып, көзіне түсе беру, кесе-көлденеңдеу, қылжақтау.*

**ҚЫРЫНДАҢҚЫРА=** е т . *Аздап қырымен отыру, тұру.*

**ҚЫРЫНДАП-ҚЫРЫНДАП** ү с т . *Бір қырын, қайта-қайта бұра тартып.*

**ҚЫРЫНДАС=** е т . *Бір-біріне көз қырын салып қылжақтасу.*

**ҚЫРЫНДАТ=** е т . *Бір жағына бұру, қырын жүру.*

**ҚЫРЫНДАУ**[1] с ы н . *Сәл қырын, қырынырақ.*

**ҚЫРЫНДАУ**[2] *Қырында етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫНДАУШЫ** з а т . *Қырындаған адам; қылжақтаушы, сөз айтушы.*

**ҚЫРЫНДЫ** з а т . *Ішектің ішкі жағындағы ас қорытуға қажетті кілегей қабығы.*

**ҚЫРЫНҚАБАҚ** з а т . *Дүрдараз, реніш, кейіс.*

**ҚЫРЫНУ** *Қырын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫНУШЫ** з а т . *Қырынатын адам.*

**ҚЫРЫНШЫЛ** с ы н . *Бір-біріне бұра тартып үйірсектеп жүретін.*

**ҚЫРЫҢҚЫРА=** е т . *Тықырлап алыңқырау, қыра түсу.*

**ҚЫРЫП-ЖОЙ=** е т . *Жоқ қылу, құрту.*

**ҚЫРЫП-ЖОЮ** *Қырып-жой етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫС** с ы н . **1.** *Қырысып-тырысқан, қатпарланған.* **2.** *Астан-кестені шыққан, әлем-жәлем.* **3.** а у ы с . *Қисық, қыңыр, қырсық, қияңқы, тілазар.*

**Қырыс қабақ.** *Кірбің қабақ, реніш, кейіс.* **Қырын қарады.** *Жақтырмады, шырай бермеді.* **Қырыс сөйледі.** *Қисық жауап берді.* **Қырысы жазылды [тарады].** *Ашуы тарады, көңілі жадырады, қырсығы тарқады.*

**ҚЫРЫС**= е т . *Біреуге көмектесіп, бірге қыру.*

**ҚЫРЫСТА=** е т . *Қабағы түсу, түнеру, қырсығу.*

**ҚЫРЫСТАН=** е т . *Ашулану, түксию.*

**ҚЫРЫСТАНДЫР=** е т . *Қабағын түйіңкіреу.*

**ҚЫРЫСТАНУ** *Қырыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫРЫСТАУ** с ы н . *Қисықтау, қыңырлау.*

**ҚЫРЫСТЫҚ** з а т . *Қыңырлық, қырсықтық.*

**ҚЫРЫСТЫР=** е т . *Қатпарландыру, тырыстыру.*

**ҚЫРЫС-ТЫРЫС** з а т . *Бүктетілген, тырысқан, қатпарланған жер.*

**ҚЫРЫСУ=** е т . *Бірге қыру, талқандау.*

**ҚЫС** з а т . *Күзден кейін келетін, ең суық жыл мезгілі.*

**Қыс баласы.** *Қыс бойы, қыс кезінде.* **Қыс бойы.** *Ала қыстай.* **Қыстан аман алып шықты.** *Малды көктемге дейін аман жеткізді.* **Қыстың көзі қырауда.** *Қыстың суық кезінде, аязда.* **Қыс түсті.** *Қыс болды, қыс келді.* **Қыс шілдесі.** *Қаңтардың соңғы күндеріндегі аяз [Қыс күшіне еніп, түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аязды қазақтар «қыс шілдесі» деп атайды].* **Қыс ызғар, жаз шаң тимеді.** *Қиыншылық көрмеді, жаны қиналмады.* **Қыстың көзі қырауда.** *Ақ қар, көк мұзда, қыстыгүні аязда, қақаған суықта.*

**ҚЫС=** е т . **1.** *Сығу, жаншу.* **2.** *Бауырына басу, қапсыра құшақтау.* **3.** а у ы с . *Қыстау, қинау, жан алқымға алу; қысым көрсету.*

**Қысатын орта.** к е н . *Кертпештің, блоктың, панельдің және т.б. қопаратын бөлігінде ұңғыбетке таяу жерде бұрын қопарылып, әлі жиналып алынбаған таужыныстар.* **Қысып жинастырылған дыбыс.** и н ф . <ағыл. packed sound> *Сақталатын дыбыстық ақпарат көлемін ұлғайту мақсатымен бейнедискінің бір кадрындағы дыбыс порциясын цифрлық кодтау тәсілі.*

**ҚЫСА**[1] з а т . с ө й л . ***Құса.***

**ҚЫСА**[2] з а т . с ө й л . *Бастан кешкен уақиға, хикая, қисса.*

**ҚЫСА=** е т . с ө й л . ***Қыста***[2]**.**

**ҚЫСАҒА** з а т . *Ет пен тердің ортасына ірің, сарысу пайда болдыратын, қотырдың жеңіл түріне саналатын ауру.*

**ҚЫСАЛАҢ** ү с т . с ө й л . ***Қысталаң.***

**ҚЫСАҢ**[1] с ы н . *Ені тар, енсіз (жер). // Енсіз, тар жер.*

**Қысаң да у ы с . тылар.** л и н г в . *Ауыздың келте ашылуынан, яғни иек пен тілдің жоғары көтерілуінен пайда болатын дыбыстар.*

**ҚЫСАҢ**[2] ү с т . *Қысылтаяң, қысылшаң; қысталаң.*

**ҚЫСАҢШЫЛЫҚ** з а т . *Қиын-қыстау заман, тар кезең.*

**ҚЫСАП** [ар. حساب]: **бір қысап**. *Тең, бірдей, бір есеп.*

**ҚЫСАС** [ар. قصاص] з а т . **1.** *Кас, өш.* **2.** *Ерегіс, егес, қастық.*

**Қысас жазасы**. э т н . *Нақақтан кісі өлтірушіге не оны мертіктірушіге кек қайтару ретінде берілетін жаза.* **Қысас қылды**. *Қинады, азапқа салды.*

**ҚЫСАСТАН=** е т . *Ерегісу, егесу.*

**ҚЫСАСТЫҚ** з а т . *Қастық, өштік.*

**Қысастық қылды.** *Қастық қылды, қинады.*

**ҚЫСҚА** с ы н . **1.** *Шолақ; ұзын емес.* **2.** *Ұзақ емес, аз уақыт.*

**Қысқа аяқты**. а) ж е р г . *Атақ-даңқы жайылмаған, көпке белгісіз.* ә) *Асырауға қиындық тудыратын (қой, ешкі, ұсақ мал).* **Қысқа блок.** и н ф . <ағыл. short block> *Стандартты блокқа қарағанда саны аздау логикалық жазбалары бар ұзындығы белгіленген блок.* **Қысқа жіп күрмеуге келмейді [байлауға келсе де күрмеуге келмейді].** *Жоқтық көп нәрсеге ерік бермейді деген мағынада.* **Қысқа жіп күрмеуге келмеді [қайдан келсін].** *Қолы қысқалық, кедейлік, жоқтық ырық бермеді.* **Қысқа кертпеш**. к е н . *Ұзындығы биіктігіне тең немесе сәл ғана айырмасы бар кертпеш.* **Қысқа күнде қырық жерге қойма қойды.** *Құлық сауды, айла-шарғы жасады, үсті-үстіне құлық-сұмдық ойлады.* **Қысқа күнде қырық рет қынжылтты.** *Қайта-қайта ренжітті, шамдандырды.* **Қысқа күнде қырық өлді.** *Үсті-үстіне қорлық-зорлыққа тап болды, ұятқа қалды.* **Қысқа күнде қырық шапты.** *Қайта-қайта қоқаңдап мазасын алды, тыныштық бермеді.* **Қысқа қайырым.** *Келте, тез бітетін.* **Қысқа қарысу сызығы**. к е н . *Оқтаманың центрінен таужыныстың ашық бетіне дейінгі ең төте, қысқа қашықтық.* **Қысқа қоныш.** *Жоқ-жітік, кедей, қолы қысқа.* **Қысқа мерзімді ес.** п с и х о л . *Қабылданған нәрселерді, құбылыстарды, олардың белгілі қасиеттерін мақсатты түрде тиісті әдіс-тәсілдер арқылы қысқа уақытқа ғана еске қалдыратын адамның жүйке жүйесі қызметінің түрі.* **Қысқа мерзімді несие**. э к о н . *Аз уақытқа берілетін несие түрлерінің бірі.* **Қысқа мерзімді ноталар.** э к о н . *Айналыстағы ақша массасын реттеуге және банк мекемелерінің балансын теңдестіруге арналған монетарлық саясат құралы.* **Қысқа мерзімді су бастыру.** *Күріш дақылын суаруда пайдаланатын әдіс.* **Қысқа мерзімді тратта.** э к о н . *Талап ету бойынша немесе өте қысқа мерзімде төленуге тиіс тратта.* **Қысқа метражды фильм.** к и н о . *Көлемі 4-5 бөлімнен аспайтын (1200-1500 м) кинофильм.* **Қысқа су ағыны.** *Су бетінде бірінші қабыршық мұздың пайда болғанынан бастап немесе ауа температурасының тұрақты қысқы суыққа көшіп, көктемгі су бетінің мұздан арылғанға дейінгі жағдайы.* **Қысқа тазартылыс ұңғыбеті.** к е н . *Ұзындығы 10-15 м-ден аспайтын, кенді тазартып алатын жерасты қазбасы.* **Қысқа тасқын**. *Өзендегі су деңгейінің жылдам көтеріліп қысқа мезгілде өтетін, қысқы жылымық кезінде қар еруінің нәтижесінде байқалатын тасқын.* **Қысқа толқын.** а) *Ұзындығы суқойма тереңдігінің жартысынан кем теңіз толқынына тең толқын.* ә) *Ұзындығы 10-40 м аралығындағы электрмагнитті толқындар.* **Қысқа түйықталу.** ф и з . *Электр тізбегіндегі сымдар өткізгіш*

*тетіктерінің біріне-бірі кездейсоқ түйісуінен, оқшауламасының бүлінуінен басқа себептерден тізбектегі кедергінің кенеттен мүлде азайып кетуі.*

**ҚЫСҚАБАЯН** зат. **1.** *Құжаттың не оның бөлігінің алғашқы мазмұнын негізгі нақтылы мәліметтермен және қорытындылармен қысқаша айтып беру.* **2.** *Тақырып бойынша әдебиеттердің (кітап, мақала, баяндама) мазмұнын қысқаша түрде жазбаша немесе ауызша мазмұндау.*

**ҚЫСҚАБАЯНДЫҚ** сын. *Қысқабаянға тән, қысқабаянға қатысты.*

**Қысқабаяндық библиографиялық құрал.** *Барлық немесе библиографиялық құрал жазбаның көпшілігін қамтитын құрал.* **Қысқабаяндық журнал.** *Қайсыбір саладағы пән, өзекті мәселе бойынша пәндік, авторлық және басқа да құжаттармен жабдықталған қысқабаяндық жарияланым.*

**ҚЫСҚА-ҚЫСҚА** сын. *Ұзын (ұзақ) емес; келте, шолақ.*

**ҚЫСҚАЛАП** үст. *Қысқартып, шолақ қайырып.*

**ҚЫСҚАЛАУ** сын. *Онша ұзын емес, келтелеу.*

**ҚЫСҚАЛЫҚ** зат. **1.** *Келтелік., шолақтық.* **2.** *Ұзақ еместік.*

**ҚЫСҚАР=** ет. **1.** *Қысқа болып қалу, шолтию.* **2.** *Азаю, сиреу.*

**Қысқарған сөз.** лингв. *Күрделі атау сөздердің қысқарып барып бірігуінен жасалған сөз; аббревиатура.*

**ҚЫСҚАРАҚ** сын. *Онша ұзын емес, қысқалау.*

**ҚЫСҚАРТ=** ет. **1.** *Шектеу, азайту.* **2.** *Сөзіңді тоқтат, сөйлеме деген мағынада.*

**ҚЫСҚАРТҚЫЗ=** ет. *Қысқарттыру.*

**ҚЫСҚАРТҚЫЗУ** *Қысқартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСҚАРТТЫР=** ет. *Қысқартқызу, азайттыру.*

**ҚЫСҚАРТТЫРУ** *Қысқарттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСҚАРТУ**[1] зат. мат. *Шектеу, азайту ұғымы.*

**ҚЫСҚАРТУ**[2] *Қысқарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шектеу, азайту.* **2.** *Санын кеміттіру.*

**ҚЫСҚАРТЫЛ=** ет. **1.** *Азайтылу, саны кемітілу.* **2.** *Ықшамдатылу, қысқа етілу.* **3.** *Алынып тасталу; есептелмеу.*

**ҚЫСҚАРТЫЛУ** *Қысқартыл етістігінің қимыл атауы; азайтылу.*

**ҚЫСҚАРТЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қысқарту, қысқарта түсу.*

**ҚЫСҚАРУ** *Қысқар етістігінің қимыл атауы; азаю, сиреу.*

**ҚЫСҚАСЫ** мод. *Сайып келгенде, тоқ етерін айтқанда.*

**ҚЫСҚАШ** зат. **1.** *Оттан шоқ алатын қысқыш құрал; шымшуыр.* **2.** *Ұстаның қызған темірді ұстайтын құралы.*

**ҚЫСҚАША**[1] зат. жерг. *Көрпе-төсек салып жатуға арналған жиһаз, төсекағаш.*

**ҚЫСҚАША**[2] үст. *Тұжырымды, қысқа түрде; толық емес.*

**ҚЫСҚАШАЛАП** үст. *Қысқартып, төтесінен.*

**ҚЫСҚАШСЫЗ** сын. *Қысқашы жоқ.*

**ҚЫСҚЫ**[1] зат. *Бір нәрсені қатты қысып ұстап тұратын құрал.*

**ҚЫСҚЫ**[2] сын. *Қысқа арналған. // Қыс кезіндегі.*

**Қысқы ұйқы.** биол. *Қолайсыз жағдайлардың әсерінен жануарлардың, өсімдіктердің уақытша зат алмасуын, тіршілік әрекетінің белгісін тоқтатып, уақытша тыныштықта болатын кезі.*

**ҚЫСҚЫН** зат. *Қысым, қыспақ, қиындық.*

**ҚЫСҚЫШ** зат. *Бір нәрсені қысып қоятын құрал.*

**Қысқыш аяқ.** биол. *Кейбір шаянтектестер мен өрмекшітектестер өкілдерінің аяқтарының ұшындағы буында орналасқан жемтігін ұстауға, жауынан қорғануға және денесін тазартуға арналған қысқаш тәрізді қармағыш мүше.*

**ҚЫСМЕТ** зат. ескікіт. *Жазмыш, тағдыр.*

**ҚЫСПА** зат. *Жүрегі қысылып қалатын ауру.*

**ҚЫСПАЙ: көз қыспайы бар**. *Ымы-жымы бір.*

**ҚЫСПАҚ** зат. **1.** *Айналасы түйықталған қоршау, қамау. // Екі жағы қысылған, тар.* **2.** ауыс. *Қысым, зорлық, көрген қиыншылық.*

**Қыспаққа алды [салды].** *Қысты, қысым көрсетті.* **Қыспаққа қысты.** *Қиыншылық тудырды, қысымшылық көрсетті.* **Қыспаққа түсті [ұшырады].** *Қысым көрді, жаны қиналды, қысаға алынды, қиын-қыстауға кезікті.*

**ҚЫСПАҚТА=** ет. **1.** *Екі жағынан қысу, қамау.* **2.** ауыс. *Қыстау, қинау, қысымшылық көрсету.*

**ҚЫСПАҚТАЛ=** ет. *Қысылу, қамалу.*

**ҚЫСПАҚТАЛУ** *Қыспақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСПАҚТАУ** *Қыспақта етістігінің қимыл атауы; қысымшылық көрсету.*

**ҚЫСПАЛА=** ет. **1.** *Қысу, сығылыстыру.* **2.** ауыс. *Қинау, күйзелту; қыстау.*

**ҚЫСПАЛАУ** *Қыспала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСРАҚ** зат. *Қарды күреп тазалайтын құрал.*

**ҚЫСТА**[1]**=** ет. *Қыс бойы бір жерге қоныс тебу, қыстап шығу.*

**ҚЫСТА**[2]**=** ет. *Зорлау, қинау; жан алқымға алу.*

**ҚЫСТАЙ** үст. *Қыс бойы, қыс өткенше.*

**ҚЫСТАҚ** зат. **1.** *Ауылды жердегі елді мекен.* **2.** *Мал қыстайтын орын, қыстау.*

**ҚЫСТАЛА=** ет. *Күштеу, қинау, зорлау.*

**ҚЫСТАЛАҢ** үст. *Қиын-қыстау, азапты, дүрбелең кезең. // Қысылтаяң, қысылшаң.*

**ҚЫСТАЛАҢДЫҚ** зат. *Қиыншылық, таршылық, ауыртпалық.*

**ҚЫСТАЛАУ** *Қыстала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСТАМА** зат. жерг. ***Қыстау.***

**ҚЫСТАС** зат. *Мөр, ұршық, мүштек жасайтын, пышақпен жонып кесуге ыңғайлы жұмсақ тас.*

**ҚЫСТАС=** ет. *Қыстап шығысу.*

**ҚЫСТАСУ** *Қыстас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСТАТ=** ет. *Қыста қоныс тептіру.*

**ҚЫСТАТУ** *Қыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСТАТЫЛ=** ет. *Қыс айларында бағылу.*

**ҚЫСТАТЫЛУ** *Қыстатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСТАУ**[1] зат. **1.** *Малшылардың мал қыстатуға арналған қысқы жайы, қора-қопсысы.* **2.** *Қыста отыратын тұрақты баспана; қыстақ.*

**ҚЫСТАУ**[2] *Қыста етістігінің қимыл атауы; қыстап шығу.*

**ҚЫСТАУ**[3] *Қыста етістігінің қимыл атауы; қинау, зорлау, күштеу.*

**ҚЫСТАУДАЙ** сын. *Қыстау сияқты, қыстау тәрізді.*

**ҚЫСТАУЛАС** сын. *Қыстауы бірге, көршілес, қоныстас.*

**ҚЫСТАУЛЫ** сын. *Қыстауы бар.*

**ҚЫСТАУЛЫҚ** сын. *Қыстау боларлық, мал қыстатуға жарарлық (жер). // Қыстау, қыстақ.*

**ҚЫСТАУСЫЗ** сын. *Қыстауы жоқ.*

**ҚЫСТЫГҮНІ** үст. *Қыс күндері, қыс кезі.*

**ҚЫСТЫҒУ** *Қыстық етістігінің қимыл атауы; ашуға булығу, ыза кернеу.*

**ҚЫСТЫҚ** сын. *Қысқа арналған, қыста пайдаланатын.*

**ҚЫСТЫҚ=** ет. **1.** *Ашуға булығу, ыза кернеу; қысылу.* **2.** *Күлкіден булығу, жарыла жаздау.*

**ҚЫСТЫР=** ет. **1.** *Арасына қысып қою.* **2.** *Бір нәрсені ілу, қысып қою, өткізу.* **3.** ауыс. *Арасына қосып жіберу, қосып айту.*

**ҚЫСТЫРҒЫ** зат. *Бір нәрсені қыстырып қоятын зат.*

**ҚЫСТЫРҒЫШ**: **киім қыстырғыш.** *Киім ілетін арнаулы зат; киім ілгіш.* **Кір қыстырғыш.** *Жіпке жайып ілінген кірді қысып ұстап тұратын зат.*

**ҚЫСТЫРМА**[1] зат. *Бас киімге бекітілетін әшекей.*

**ҚЫСТЫРМА**[2] сын. *Бір нәрсенің арасына қосылған, қыстырылған.*

**Қыстырма дыбыс.** лингв. *Морфема аралығында дәнекерлік рөл атқаратын дыбыс.* **Қыстырма сөз.** лингв. *Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне біреудің қалай қарайтынын білдіретін сөз.*

**ҚЫСТЫРУ** *Қыстыр етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені қысып қою, ілу, өткізу.*

**ҚЫСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Іліну.* **2.** *Сығылысу, қысылысу.* **3.** ауыс. *Өзіне қатысы жоқ іске орынсыз араласу.*

**ҚЫСТЫРЫЛУ** *Қыстырыл етістігінің қимыл атауы; сөзге араласу, киліғу.*

**ҚЫСУ** *Қыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені екі заттың аралығына не ішіне салып сығу.* **2.** *Бауырына басу, қапсыра құшақтау.* **3.** ауыс. *Қысым көрсету, зәрулікке душар ету.*

**Қысу коэффициенті.** инф. <ағыл. compress ratio> *Мәліметтер көлемінің қатынасы; файлдың қысуға дейінгі көлемі мен қысудан кейінгі көлемінің қатынастық өлшемі.*

**ҚЫСУСАН** сын. ескікіт. *Жеке, оңаша.*

**ҚЫСШӨП** зат. өс. ***Аязшөп.***

**ҚЫСШЫЛШӨП** зат. өс. *Қысқы мезгілде шығып, гүл жаратын өсімдік.*

**ҚЫСЫ-ЖАЗЫ** үст. *Бүкіл жыл бойы.*

**ҚЫСЫҚ** сын. *Сығырайған, қысыңқы (көз).*

**ҚЫСЫҚТАУ** сын. *Сығырайған, қысыңқылау (көз).*

**ҚЫСЫҚТЫҚ** зат. *Сығырайғандық, қысыңқылық.*

**ҚЫСЫҚША** сын. *Қысықтау келген, сығырайған.*

**ҚЫСЫЛ=** ет. **1.** *Қыстырылу, сығылу, кептелу.* **2.** ауыс. *Ұялу, қызару, ыңғайсыздану.* **3.** ауыс. *Сасу, қиналу.*

**ҚЫСЫЛА-ҚЫМСЫНА** үст. сөйл. ***Қысыла-қымтырыла.***

**ҚЫСЫЛА-ҚЫМТЫРЫЛА** үст. **1.** *Қысылып, қымтырылып; әрең дегенде.* **2.** ауыс. *Ұяла, қызара, қымсына.*

**ҚЫСЫЛҒАНДЫҚ** зат. *Ұялғандық, қымсынғандық; ыңғайсызданғандық.*

**ҚЫСЫЛДЫР=** ет. **1.** *Састыру, қиналдыру.* **2.** *Ұялту, ыңғайсыздандыру.*

**ҚЫСЫЛДЫРУ** *Қысылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСЫЛТ=** ет. *Ұялту, ыңғайсыздандыру, қымсынту.*

**ҚЫСЫЛТАҢ** үст. сөйл. ***Қысылтаяң.***

**ҚЫСЫЛТАЯҢ** үст. **1.** *Аласапыран, қарбалас; қысылшаң.* **2.** *Ауыр, қиын-қыстау.*

**Қысылтаяң күн туды**. *Қауіпті шақ туды, қиын-қыстау кез болды, ауыртпалық түсті.*

**ҚЫСЫЛТАЯҢДЫҚ** зат. *Асығыстық, қарбаластық; қиыншылық.*

**ҚЫСЫЛТУ** *Қысылт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСЫЛУ** *Қысыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Имену, жасқану, ыңғайсыздану.* **2.** *Қиналу, сасу.*

**ҚЫСЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Ұялушылық, қысылғандық.*

**ҚЫСЫЛШАҢ** үст. **1.** *Аласапыран, қарбалас.* **2.** *Қиын-қыстау, ауыр.*

**ҚЫСЫЛШАҢДЫҚ** зат. *Ауыртпалық, қиыншылық, таршылық.*

**ҚЫСЫЛЫҢҚЫ** сын. *Қысылған, ұялған, именген.*

**ҚЫСЫЛЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Тарығыңқырау, қиналыңқырау.* **2.** *Аздап ұялу, именіңкіреу.*

**ҚЫСЫЛЫҢҚЫРАУ** *Қысылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСЫЛЫП-ҚЫМТЫЛ=** ет. сөйл. ***Қысылып-қымтырылу.***

**ҚЫСЫЛЫП-ҚЫМТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қысылу, таршылық көру, сыйыспау.* **2.** ауыс. *Ұялу, қымсыну, қымтырылу.*

**ҚЫСЫЛЫП-ҚЫМТЫРЫЛУ** *Қысылып-қымтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСЫЛЫС** зат. *Қысылғандық, ұялғандық.* **Қысылыс тапты.** *Ұялды, қымсынды.*

**ҚЫСЫЛЫС=** ет. *Сығылысу, қыстырылысу.*

**ҚЫСЫЛЫСУ** *Қысылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫСЫМ** зат. **1.** физ. *Белгілі бір ауданға түсіп тұрған күш, физикалық шама.* **2.** *Қыспақ, қинау.* **3.** ауыс. *Біреуге көрсетілген күш, қорлық, зорлық, қиянат.*

**Қысымға алды.** *Қысты, қорқытты, зәресін алды.* **Қысымға түсті.** *Қыспаққа ілінді, қысылды, қиналды.* **Қысым жасау.** *Қысымға алу, қорқыту, қиыншылық көрсету.* **Қысым көрді.** *Зорлық көрді, қиыншылық тартты.* **Қысым көрсету топтары.** саяс. *Билік орталықтарына тұрақты түрде қандай да бір қысым көрсететін ортақ мүддедегі қоғамдық-саяси бірлестіктер.* **Қысым шектеуіш.** *Қысымды азайтатын құрылғы.*

**ҚЫСЫМДЫ** сын. *Қысымы мол, қысымы бар.*

**ҚЫСЫМДЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсенің қысым күші, қысымы.*

**ҚЫСЫМСЫЗ** сын. *Қысым жоқ.*

**ҚЫСЫМШЫЛЫҚ** зат. *Біреу тарапынан көрсетілген жәбір-жапа, зорлық.*

**ҚЫСЫҢҚЫ** сын. **1.** *Сығырайған, қысық (көз).* **2.** *Ені тар, қушиған.*

**ҚЫСЫҢҚЫЛАУ** сын. *Сәл қысық, қысықтау.*

**ҚЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап қысу, қыса түсу.*

**ҚЫСЫП-ҚЫСЫП** үст. *Қайта-қайта қысып, бірнеше рет қысып.*

**ҚЫСЫР** сын. *Қашпай, төлдемей қалған, бойдақ (мал).*

**Қысыр әңгіме [кеңес, сөз].** *Бос сөз, жай әңгіме.* **Қысыр бие.** *Буаз емес, құрсағында төлі жоқ бие.* **Қысыр бұлт.** *Жаумайтын көшпелі ұлт.* **Қысырдың қымызы.** этн. *Биебайлар жылы құлындамай қалған биенің сүтінен жасалған қою қымыз.* **Қысыр емген.** *Жұнттай, семіз (тай).* **Қысыр жыландай.** *Қатып қалған, жіп-жіңішке.* **Қысыр қалды.** *Қашпады, тумай қалды (мал туралы).* **Қысыр қиял.** *Бос, құрғақ қиял.*

**ҚЫСЫРА=** ет. **1.** *Қысыр қалу, төлдемеу (мал жайында).* **2.** ауыс. *Жеміс бермеу (өсімдік жайында).* **3.** ауыс. *Еш нәрсе өспей, тусырау (жер жайында).*

**ҚЫСЫРАҚ** зат. *Үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып құлындамаған жас байтал не бие.*

**Қысырақ қымыз.** *Бірінші рет құлындаған құлық биенің сүтінен ашытылатын қымыз.* **Қысырақтың матауы.** этн. *Ту байтал мен жабайы құланның ойнайтын, күйі келетін мезгілі.*

**ҚЫСЫРАТ=** ет. *Қысыр қалдырту.*

**ҚЫСЫРАТУ** *Қысырат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қысыр қалдырту.* **2.** *Қысқарту, азайту.*

**ҚЫСЫРАУ** *Қысыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қысыр қалу.* **2.** ауыс. *Еш нәрсе өспеу.*

**ҚЫСЫС=** ет. *Бірігіп қысу, қысуға жәрдем берісу.*

**ҚЫСЫСУ** *Қысыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТ=** ет. жерг. *Қысу, сығу.*

**ҚЫТА** зат. әдеб. *Екі жолды бәйіттерден тұратын түркі өлеңіне араб, парсы поэзиясынан* ауыс. *қан жанр.*

**ҚЫТАЙ** зат. *Қытай Халық Республикасын мекендейтін негізгі халық, ұлт.* **2.** *Осы ұлттың өкілі.*

**Қытай поэтикасы.** әдеб. *Ерте заманғы қытай өлең құрылысының негізінде тармақтың әртүрлі музыкалық тондармен кездесіп келу дәстүрі сақталып жасалған поэтикасы, олар бір-бірінен жоғарылығымен және дыбысталу сипаты арқылы ажыратылады.* **Қытай тілі.** лингв. *Қытай-тибет тілдері тобына жататын Қытай мемлекетінің, өзге елдердегі қытай халқының тілі; дүниежүзіне кең тараған тіл.*

**ҚЫТАЙБҰРШАҚ** зат. өс. <лат. vigna sinensis> *Дәнді бұршақты, аса бағалы майлы дақылға жататын, жарық, ылғал, жылылықты көп қажет ететін, біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫТАЙЖАҢҒАҚ** зат. өс. ***Жержаңғақ.***

**ҚЫТАЙЛЫҚ** зат. *Қытай жерін мекендеуші, қытай тұрғыны.*

**ҚЫТАЙПИЯЗ** зат. өс.сөйл. ***Сарымсақ.***

**ҚЫТАЙТАНУ** зат. <лат. sina – қытай, logos – сөз, ілім> **1.** *Қытай экономикасын, саясатын, философиясын, тілін, әдебиетін және мәдениетін зерттейтін ғылымдар жиынтығы.* **2.** лингв. *Қытай тіл білімін, қытай тілі мен жазуын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ҚЫТАЙТАНУШЫ** зат. *Қытай тілін, мәдениетін, тарихын зерттеуші.*

**ҚЫТАЙТАРЫ** зат. өс. *Қытайда көп өсірілетін, дәнді тары сияқты, майда.*

**ҚЫТАЙША[1]** зат. *Кішілеу келген шойыннан құйылған зеңбірек.*

**ҚЫТАЙША[2]** үст. *Қытай тілінде.*

**ҚЫТАЙШАҒАН** зат. өс. *Жібек құртына азық болатын, жарық сүйгіш, суыққа төзімсіз, тез өсетін, екпе ағаш.*

**ҚЫТАЙШАЛА=** ет. *Қытай тілінде сөйлеу; қытай тіліне аудару.*

**ҚЫТАЙШАЛАУ** *Қытайшала етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТҚА** зат. *Жер шарындағы алты құрлық (континент).*

**ҚЫТҚЫЛДА=** ет. *Құстың қыт-қыт деген дыбыс шығаруы.*

**ҚЫТҚЫЛДАУ** *Қытқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТ-ҚЫТ** елік. *Тауық тәрізді құстар шығаратын үн, дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚЫТ-ҚЫТТА=** ет. **1.** *Қыт-қыт деген дыбыс шығару.* **2.** ауыс. экспр. *Қиқ-шиқ етіп күлу.*

**ҚЫТ-ҚЫТТАУ** *Қыт-қытта етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚ** зат. *Қолтыққа, табанға не тамақ астына біреудің қолы тигенде болатын жайсыз сезім.*

**Қытығы басылды**. *Жуасыды, бастықты; үйренді.* **Қытығына тиді.** *Жынын қоздырды, намысына тиді; ызасын келтірді.* **Қытығын тапты**. *Тілін, көңіл қалауын дұрыс тапты.*

**ҚЫТЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Қытығы жоқ.* **2.** ауыс. *Емін-еркін, ұялмай-қысылмай.* **3.** ауыс. *Шынайы, таза.*

**ҚЫТЫҚСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Қытығы жоқтық.* **2.** ауыс. *Ұяты жоқтық, қымсынбаушылық.*

**ҚЫТЫҚСЫН=** ет. *Қытығы келу.*

**ҚЫТЫҚСЫНУ** *Қытықсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚТА=** ет. **1.** *Қолтығының астын, тамағын қолмен жыбырлату; қытығын келтіру.* **2.** ауыс. *Же л і к . тіру, үміттендіру.*

**ҚЫТЫҚТАЛ=** ет. *Қытығы келтірілу.*

**ҚЫТЫҚТАЛУ** *Қытықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚТАН=** ет. жерг. *Ыза болу, намыстану.*

**ҚЫТЫҚТАНУ** *Қытықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚТАС=** ет. *Бір-бірін қытықтау.*

**ҚЫТЫҚТАСУ** *Қытықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚТАТ=** ет. *Қытығын келтіру, жыбырлаттыру.*

**ҚЫТЫҚТАТУ** *Қытықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫҚТАУ** *Қытықта етістігінің қимыл атауы; қытығын келтіру, жыбырлату.*

**ҚЫТЫҚТЫ** сын. **1.** *Қытығы бар.* **2.** ауыс. *Намысына тиетін, ыза болатын.*

**ҚЫТЫҚШЫ** зат. *Қытықтаушы адам.*

**ҚЫТЫҚШЫЛ** сын. *Қытығы тез келетін.*

**ҚЫТЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Қытығы келушілік.*

**ҚЫТЫМЫР** сын. **1.** *Қатыгез, қатты, қатал.* **2.** ауыс. *Қатты, сараң.* **3.** ауыс. *Суық, аязды, ызғарлы.*

**Қытымыр аяз.** *Қатты, шымшыма аяз.* **Қытымыр деген қызыл ит.** діни. *Мүшіріктердің құдалауынан үңгірге тығылып, ұйықтап қалып, үш жүз жылдан кейін оянған алты мүміннің жанындағы ит [Діни аңыз бойынша, алты мүбарак жан, қастарында бір ит бар Рим әміршісінен қашып үңгірге тығылып, Алла тағаланың құдіретімен 300 жыл ұйықтап оянған. Бұл үңгір Түркияның Тарсус қаласының оңтүстігінде орналасқан].*

**ҚЫТЫМЫРЛАН=** ет. *Қатыгездену, қаталдану; бір нәрсеге тарлық ету.*

**ҚЫТЫМЫРЛАНУ** *Қытымырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫМЫРЛАУ** сын. *Қаттылау, қаталдау; ызғарлылау.*

**ҚЫТЫМЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Қатыгездік, қаталдық, қаттылық.* **2.** ауыс. *Суықтық, ызғарлылық.*

**ҚЫТЫҢҚЫ** сын. *Тарлау, жіңішке, қысыңқы.*

**ҚЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Тартыңқырау, тежеңкіреу, қысыңқырау.*

**ҚЫТЫР** елік. *Морт сынатын заттарды сындырғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚЫТЫР-ҚЫТЫР**: **қытыр-қытыр етті**. *Қытырлаған дыбыс шықты, үсті-үстіне қытырлады.*

**ҚЫТЫРЛА=** ет. *Қытыр-қытыр ету, қытырлаған дыбыс шығару.*

**ҚЫТЫРЛАҚ** сын. *Қытыр-қытыр ететін, қытырлайтын.*

**ҚЫТЫРЛАТ=** ет. *Қытыр еткізу.*

**ҚЫТЫРЛАТУ** *Қытырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫТЫРЛАУ** *Қытырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШ** [ир. خشت] зат. **1.** *Балшықты отқа күйдіру арқылы алынған қатты зат.* **2.** жерг. *Күйдірілген кірпіш.*

**Қыш құмыра.** *Балшықтан жасалып, отқа күйдірілген құмыра.*

**ҚЫША=** ет. сөйл. *Қыстау, зорлау.*

**ҚЫША** зат. бот. <лат. sinapis> **1.** *Крестгүлділер тұқымдасына жататын біржылдық техникалық дақыл.* **2.** *Осы дақылдың дәнінен жасалатын ащы дәрі.*

**Қыша қағаз**. *Бір бетіне қыша жағылған дәрілік қағаз.* **Қыша майы**. а) *Қыша өсімдігінің тұқымынан алынатын сұйық, сары түсті май.* ә) *Қыша тұқымдасынан алынатын тамақ өнімі.*

**ҚЫШАБАС** зат. өс. <лат. barbarea> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын екі не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҚЫШАУ** *Қыша етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШБҰЙЫМДАР** зат. *Қышсаз және олардың минералды қоспаларымен араласқан, сондай-ақ тотықтармен және басқа да бейорганикалық қосылыстармен күйдіре жентектеп жасалған бұйымдар мен материалдар.*

**ҚЫШКӘРЛЕН** зат. *Керамикалық майда кеуекті, ақ түсті материалдан істелген шыныаяқ.*

**ҚЫШКЕР** зат. *Қыш құюшы.*

**ҚЫШҚАҚ** зат. *Құрамында 30–40% алюминий оксиді және 54–70% кремний диоксиді бар, алюмосиликатты топырақты немесе каолинді отқа төзімді материал.*

**ҚЫШҚЫЛ[1]** сын. *Ашқылтым, кермек (дәм).*

**ҚЫШҚЫЛ**[2] зат. хим. *Құрамында сутегі бар, металдармен қосыла алатын, қышқылтым дәмді органикалық қоспа.*

**Қышқыл сулар.** геол. *Реакциясы анық қышқыл болып келетін сулар.* **Қышқыл таужыныс.** геол. *Құрамындағы кремний қостотығының мөлшері 65%-дан асатын магмалық таужыныстар.*

**ҚЫШҚЫЛДА=** ет. *Ащылау, қышқылға құмарлығын қандыру.*

**ҚЫШҚЫЛДАН=** ет. *Қышқылы көбею, ащылану, сорлану.*

**ҚЫШҚЫЛДАНДЫР =** ет. *Қышқылын көбейттіру.*

**ҚЫШҚЫЛДАНДЫРУ** *Қышқылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШҚЫЛДАНУ** *Қышқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Ащылату, қышқылын көбейту.* **2.** *Ішімдік ішу.*

**ҚЫШҚЫЛДАТУ** *Қышқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШҚЫЛДАУ**[1] сын. *Кермектеу, ащылау.*

**ҚЫШҚЫЛДАУ**[2] *Қышқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШҚЫЛДЫ** сын. *Кермек, ашқылтым.*

**ҚЫШҚЫЛДЫҚ** сын. *Кермектік, ащылық.*

**Қышқылдық дәреже.** *Қышқылдық көрсеткіші.* **Қышқылдық сан.** хим. *Органикалық препараттар мен материалдарда бос қышқылдар мөлшерінің сипаттамасы; 1 г органикалық үлгінің бейтараптануына керекті калий гидроксидінің мг-мен көрсетілген мөлшері.*

**ҚЫШҚЫЛТ** сын. сөйл. ***Қышқылтым.***

**ҚЫШҚЫЛТЫМ** сын. *Кермектеу келген, ашқылтым.*

**ҚЫШҚЫЛТЫМДАУ** сын. *Ашқылтымдау, кермектеу.*

**ҚЫШҚЫР=** ет. сөйл. *Қатты* дауыс. *тау, бақыру, айғайлау.*

**ҚЫШҚЫРТ=** ет. *Айқайлату, бақырту.*

**ҚЫШҚЫРТУ** *Қышқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШҚЫРУ** *Қышқыр етістігінің қимыл атауы; қатты дауыспен бақыру, айқайлау.*

**ҚЫШҚЫРЫС=** ет. *Бақырысу, айқайласу.*

**ҚЫШҚЫРЫСУ** *Қышқырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЛАҚ** зат. сөйл. ***Қыстақ***[1].

**ҚЫШТА=** ет. сөйл. ***Қыста*** *(қинау, жан алқымға алу).*

**ҚЫШТЫҚ: қыштық масса.** физ. *Қыштық бұйымдарды пішіндейтін материал.*

**ҚЫШУ** *Қышы етістігінің қимыл атауы.*

**Қышуына тиді.** *Ашуын келтірді, намысына тиді, шабына түртті.*

**ҚЫШШЫ** зат. *Күйдірген балшықтан ыдыс т.б. бұйымдар жасайтын адам; қышкер.*

**ҚЫШЫ=** ет. *Адам денесіндегі жүйке талшықтарының тітіркенуі.*

**Қышыған жеріне тиді.** *Осал (жанды) жерін дөп басты, көңіліне түйіп қалғанды қозғап жіберді.* **Қышыған жерін тауып қасыды.** *Дөп түсті, діттегенінен шықты.*

**ҚЫШЫЛ** зат. жерг. *Өң, түс, бояу.*

**ҚЫШЫМА**[1] зат. <лат. prurigo> **1.** *Жұқпалы тері ауруы, қотыр.* **2.** ауыс. *Жөніне жүрмей, өзгелерге тиісіп жүретін адам.*

**Қышыма келгір.** қарғ. *Түйе малына айтылатын кейіс сөз.* **Қышыма сөз.** *Біреудің намысына тиетін, қағытпа, мұқатпа сөз.*

**ҚЫШЫМА**[2] зат. өс. сөйл. ***Қалақай.***

**ҚЫШМАШӨП** зат. өс. сөйл. ***Қалақай.***

**ҚЫШЫМАЛЫ** сын. *Қышымасы бар.*

**ҚЫШЫН=** ет. **1.** *Жайсызданып қасыну, үйкену.* **2.** ауыс. *Пәле іздеу.*

**ҚЫШЫНТ=** ет. *Жайсыздандыру, қасындыру, үйкелдіру.*

**ҚЫШЫНТУ** *Қышынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫНУ** *Қышын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Денесі қышып, жайсыз сезіну.* **2.** ауыс. *Пәле іздеу.*

**ҚЫШЫР** зат. өс. жерг. сөйл. ***Қыша.***

**ҚЫШЫР** елік. *Қырш еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Қышыр етті [еткізді].** *Қышырлады, шықырлады.*

**ҚЫШЫР-ҚЫШЫР** елік. *Қышырлап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ҚЫШЫРЛА=** ет. *Қышыр-қышыр ету, қышырлаған дыбыс шығару, шықырлау.*

**ҚЫШЫРЛАН=** ет. *Қышыр-қышыр етілу, тістену.*

**ҚЫШЫРЛАНУ** *Қышырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫРЛАТ=** ет. *Қышыр-қышыр еткізу, шықырлату.*

**ҚЫШЫРЛАТҚЫЗ=** ет. *Қышырлаттыру.*

**ҚЫШЫРЛАТҚЫЗУ** *Қышырлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫРЛАТУ** *Қышырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫРЛАУ** *Қышырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫРЛЫ** сын. жерг. *Күшті, тегеурінді, мықты.*

**ҚЫШЫТ=** ет. *Қышу сезімін тудыру; жыбырлатып жайсыздандыру.*

**ҚЫШТЫШҚАН** зат. өс. ***Қалақай.***

**ҚЫШТЫШҚАНШӨП** зат. өс. сөйл. ***Қалақай.***

**ҚЫШЫТҚЫШ** зат. өс. *Қалақайдың бір түрі.*

**ҚЫШЫТПА** зат. өс. ***Қышытқыш.***

**ҚЫШЫТТЫР=** ет. *Қышытқызу.*

**ҚЫШЫТТЫРУ** *Қышыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҚЫШЫТУ** *Қышыт етістігінің қимыл атауы.*

# Л

**Л** лингв. **1.** *Тіл ұшының қызыл иекке (альвеолға) тиюінен жасалатын үнді дауыссыз дыбыс; фонема.* **2.** *Қазақ әліпбиінің он алтыншы әрпі және сол әріптің жазылу таңбасы.*

**ЛАБАЗ** зат. сөйл. ***Лапас.***

**ЛАБАЙ** зат. жерг. *Тоқылған қап.*

**ЛАБАЙЫМЕН** үст. жерг. *Барлығы, бүтіндей, түгелімен.*

**ЛАБАҚ** зат. сөйл. ***Абақты.***

**ЛАБАҚТЫ** зат. көне. *Абақты, түрме.*

**ЛАБЗАМ** зат. жерг. *Жел сөз, қауесет, лақап.*

**ЛАБИАЛДЫ** [лат. labium] сын. лингв. *Ерін дауыстылардың қатысуымен айтылатын (дыбыс).*

**ЛАБИАЛИЗАЦИЯ** [лат. labialis] зат. лингв. *Дыбыстардың ерін қатысуымен жасалу құбылысы.*

**ЛАБИИТ** [лат. labium] зат. вет. *Ауыз уылымен қабаттаса жүретін, ұрылу, соғылу, кюу, улану сияқты себептерден, кейбір індеттердің салдарынан туып, ауыздың ішкі беті мен ерін терісінің ауыртпалық шегуі, ісінуі, жарылуы, ойылуы, өліеттенуі сияқты белгілермен сипатталатын дерт.*

**ЛАБИОДЕНТАЛДЫ** [лат. labium – ерін, dens –tic] сын. лингв. *Ерін мен тістің қатысуымен айтылатын (да*уыс. *сыз дыбыс).*

**ЛАБИРИНТ** [грек. labyrinthos] зат. **1.** *Ертедегі Грекия мен Египетте кірген адам шыға алмайтындай етіп жасалған шытырман дәлізді үй.* **2.** *Шытырман, шиленіс.* **3.** анат. *Құлақтың ішкі қуысы.*

**ЛАБЛЫҚ=** ет. жерг. *Даурығу, дүрліктіру.*

**ЛАБОРАНТ** [лат. laborans] зат. ***Зертханашы*** *(ғылыми-техникалық қызметкер; көмекші).*

**ЛАБОРАНТТЫҚ** зат. ***Зертханашылық*** *(зертханашы қызметін атқарушылық).*

**ЛАБОРАТОРИЯ** [лат. laboratorium] зат. ***Зертхана*** *(арнаулы жабдықтары бар, техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жүргізетін орын).*

**ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ** сын. ***Зертханалық*** *(зертханаға қатысты, зертханаға тән).*

**Лабораториялық сабақ [жұмыс].** пед. *Зертханалық сабақ, зертханалық жұмыс [Жалпы білім беретін, арнайы және жоғары мектептердегі оқушылардың теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, өздігінен тәжірибе жүргізу дағдыларын дамыту мақсатымен жүргізілетін практикалық жұмыстар мен зерттеулер].* **Лабораториялық санақ жүйесі.** *Өлшегіш құралдармен байланысты санақ жүйесі.*

**ЛАБОРАТОРЛЫҚ** сын. сөйл. ***Зертханалық.***

**ЛАБРАДОР** зат. геол. *Плагиоклаздар тобының таужыныс түзетін минералы, дала шпатының бір түрі.*

**ЛАБРАДОРИТ** зат. *Көбінесе ірі түйіршікті, қошқыл сұр не қара түсті болып келетін, түгелге жуық лабрадор минералынан тұратын, кейбір әдемі түрлері қаптама тас ретінде қолданылатын магмалық таужыныс.*

**ЛАБІН** зат. ескі кіт. *Құдықтың түбі*

**ЛАВА**[1] [итал. lava] зат. геол. *Жанартау атқылаған кезде шығатын табиғи минералдардан құралған сұйық қоспа.*

**ЛАВА**[2] зат. кен. *Шахтадағы көмір қопаратын орын.*

**ЛАВАЛЫҚ** сын. геогр. *Лавадан құралған.*

**Лавалық үстірт.** геогр. *Лаваның көп мөлшерінің жер бетіне төгіліп, ондағы ой-шұңқырлардың бәрін толтыруы нәтижесінде пайда болған көлемді үстірт.*

**ЛАВАНДА** зат. өс. *Гүлі хош иісті, түсі - жасыл, көк, ерінділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік немесе жартылай бұта.*

**ЛАВАШ** зат. тамақ. *Ашытылмай пісірілетін жалпақ нан.*

**ЛАВР** [лат. laurus] зат. өс. **1.** *Суыққа төзімді, хош иісті, жапырақтары үнемі көгеріп тұратын ағаш, бұта.* **2.** *Жеңістің белгісі, сый ретінде берілетін осы осы жапырақтардан жасалған гүлтәж.*

**Лавр жапырағы**. *Лавр ағашының тағамға пайдаланатын жапырағы.*

**ЛАВРА** зат. діни. *Православиелік еркектер монастырларының атауы.*

**ЛАВРШИЕ** зат. өс. *Ылғалды субтропикте өсетін мәңгі жасыл өсімдіктердің бірі.*

**ЛАВСАН** зат. **1.** *Мұнайды қайта өңдегеннен алынатын ыстыққа төзімді, өңін бермейтін, өте мықты синтетикалық талшық.* **2.** *Осы талшықтан тоқылған мата.*

**ЛАГ**[1] [ағыл. Lag] зат. экон. *Уақыт аралығындағы әлдеқандай тиімділіктің бөлінуі, өткендегі дем беруші істің белгісі.*

**ЛАГ**[2] зат. спорт. **1.** *Қайықтың өткен жолымен шапшаңдықты өлшейтін аспап.* **2.** *Кеменің үстіңгі жағы.*

**ЛАГЕРЬ** [нем. Lager] зат. **1.** *Әскерлердің елді мекеннен тысқары, уақытша орналасқан орны.* **2.** *Мектеп оқушыларына арналған жазғы арнайы демалыс орны.* **3.** спорт. *Ашық аспанның астына орналасатын шатырлардан құрылған уақытша аялдама.* **4.** әск. *Соғыста қолға түскендерді, қылмысты деп табылған, айдалған адамдарды ұстап қамайтын жазалау, азаптау орыны; концлагерь.* **5.** саяси. *Белгілі бір мүддені жақтайтын қоғамдық-саяси ұйым, топ.*

**ЛАҒАЗЫМ** мод. сөйл. ***Лазым.***

**ЛАҒАТ** зат. өс. <лат. molinia> *Гүлінің түсі көкшіл, көпжылдық гүлді өсімдік.*

**ЛАҒЗЫН** зат. көне. *Доңыз, шошқа, қара киік.*

**ЛАҒИ: лағи жорға.** *Су жорға.*

**ЛАҒИН**[1] зат. ескі кіт. *Алла Тағаланың рақымынан мақұрым болған, малғұн.*

**ЛАҒИН**[2] шыл. сөйл. ***Ләкин.***

**ЛАҒЛЫ** зат. сөйл. ***Лағыл.***

**ЛАҒМАН** зат. тамақ. *Жіңішке етіп созылған кеспеге бөлек қуырылған ет қосып әзірленген дүнген халқының ұлттық тағамы.*

**ЛАҒМАНХАНА** зат. *Негізінен шығыс тағамдарын дайындайтын, көпшілік тамақтанатын асхана.*

**ЛАҒНАТ** зат. сөйл. ***Лағынет.***

**ЛАҒНАТНАМА** зат. *Қарғыс хат.*

**ЛАҒНЕТ** зат. сөйл. ***Лағынет.***

**ЛАҒОТЫ** зат. өс. *Далалық және шөлдік аймақтарда, тау бауырларында биіктігі 20-50 см-дей, сабағы тік, берік, жапырағы ұзынша, кезектесіп келетін гүлі - қызғылт немесе сары, бозкілем сияқты ұйысып, тығыз өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЛАҒУ** *Лақ етістігінің қимыл атауы; не болса соны айту, бөсу, бос сөйлеу, көпіру.*

**ЛАҒУШЫЛЫҚ** зат. *Бетімен кетушілік, бос жүрушілік, уақытты бос өткізушілік.*

**ЛАҒҰЛДА** үст. ескі кіт. *О баста, әуелде.*

**ЛАҒЫЛ** [ар. لعل] зат. зерг. <лат. rubeus> **1.** *Сәнге жұмсалатын қызыл түсті асыл тас.* **2.** *Лағылдан жасалған әшекей. // Алқызыл шапақ. // Жарқыраған жұлдыз.*

**Лағыл алқа.** *Лағыл тасы бар алқа, өңіржиек.* **Лағыл ерін**. *Лағыл түсті қып-қызыл ерін.* **Лағыл сырға.** *Лағылдан көзі бар сырға.* **Лағыл тұмар**. *Лағыл таспен әшекейленген алтынды тұмар.*

**ЛАҒЫЛДАЙ** үст. *Лағыл секілді қып-қызыл, лағыл сияқты.*

**ЛАҒЫЛ-ЖАҺҰТ** зат. *Сәнге жұмсалатын қызыл, көк, жасыл, қызғылт түсті қымбат бағалы асыл тастар.*

**ЛАҒЫН** зат. діни. ***Шайтан.***

**ЛАҒЫНАТ** зат. сөйл. ***Лағынет.***

**ЛАҒЫНЕТ** [ар. لعنة] зат. қарғ. *Жек көрген адамға, жауына айтылатын жаман тілек; қарғыс.*

**Лағынет айтты [жаудырды].** *Жамандық тіледі, қарғады.* **Лағынет атсын!** қарғ. *Қарғыс атсын, қарғыс ұрсын!* **Лағынет қамытын киді [мойынға ілді].** *Қарғыстың астында қалды, қарғысқа белшесінен батты, қарғыс арқалады.* **Лағынет оқыды**. *Қарғыс айтты, қарғады.* **Лағынет соқсын.** *Қарғыс атсын!*

**ЛАҒЫНЕТТЕ**= ет. *Балағаттау, тіл тигізу; қарғау.*

**ЛАҒЫНЕТТЕУ** *Лағынетте етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҒЫҢҚЫРА=** ет. *Жөн-жосықсыз бетімен кетіңкіреп қалу.*

**ЛАД** ор. зат. муз. *Музыкалық дыбыстардың, ырғақтың өзара байланысу жүйесі.*

**ЛАДТЫҚ** сын. *Ладқа тән.*

**ЛАДЬЯ** зат. спорт. *Шахматтың тігінен немесе көлденеңінен жүретін фигурасы, мұнара тәріздес тасы.*

**ЛАЖ**[1] [ар. علاج] зат. *Амал боларлық, айла етерлік шара; амал.*

**Лаж [лажы] бар [ма].** *Шарасы қалмады, амал-айласы таусылды, амал нешік, не шара бар.* **Лаж [лажы] болса [болмаса].** *Ыңғайы келсе, мүмкін болса (болмаса).* **Лаж жасай алмады**. *Амал-айласын таппады, ретін келтіре алмады.* **Лаж [лажы] жоқ.** *Шарасыз, амалсыз.* **Лажы бітті**. *Амалы таусылды, айласы құрыды.* **Лажы қалмады.** *Амал-шарасын таппады, ретін, орайын келтіре алмады, амалсыздық танытты.* **Лажы құрыды**. *Лажы таусылды, амалы құрыды.* **Лажын тапты**. *Амалын тапты, ретін, орайын келтірді.*

**ЛАЖ**[2] зат. экон. *Елдің ақша белгісімен (ақша өлшемімен) көрсетілген алтынның нарықтық бағасының, алтынның атауы ресми бағамынан артуы, соның әсерінен алтынға қатысты қағаз ақшаның құнсыздану үдерісі.*

**ЛАЖДА=** ет. *Айлалап бір амалын істеу,ептеп-септеу.*

**ЛАЖДАУ** *Лажда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЖСЫЗ** сын. *Айла-амалы жоқ, шарасыз, амалсыз.*

**ЛАЖСЫЗДАН** үст. *Басқа айла-шарасы болмағандықтан, амал жоқ.*

**ЛАЖСЫЗДАН**= ет. *Айла-тәсілі құру, амалы таусылу.*

**ЛАЖСЫЗДАНУ** *Лажсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЖСЫЗДЫҚ** зат. *Шарасыздық, амалсыздық, айласыздық.*

**ЛАЖЫ** зат. зерг. *Зергерлік бұйымдар мен түрлі заттарға өң, түс беру тәсілінде қолданылатын тыныке, эмаль.*

**ЛАЖЫЛА=** ет. *Көгілдір шыны түстес ерітіндімен (тыныке) бояу.*

**ЛАЖЫЛАУ** *Лажыла етістігінің қимыл атауы; тынықелеу.*

**ЛАЗАРЕТ** [франц. lazaret] зат. мед. *Көлемі шағындау, кішігірім әскери аурухана.*

**ЛАЗӘУӘРД** зат. ***Лазурит*** *(түсі көкшіл, күкіртті әдемі минерал).*

**ЛАЗЕР** [ағыл. laser] зат. физ. *Атомдар мен молекулалардан шығатын электрмагниттік қуатты сәуле көзі; оптикалық кванттық генератор.*

**Лазер агротехникасы**. ауылшар. *Топырақ өңдеуде, тыңайтқыштар шашуда, көшеттерді дайындап, өнімді жинаудағы тәсілдер жүйесі, егіншілік технологиясы.* **Лазер жобасы**. *Лазерге тән жасалған жаңа нұсқа.* **Лазер күші**. *Лазердің әсер ету энергиясының күш-қуаты, шамасы.*

**ЛАЗЕРЛІ** сын. *Электрмагниттік сәуле көзі бар.*

**ЛАЗЕРЛІК** сын. *Лазермен байланысты, лазерге қатысты.*

**Лазерлік жад.** инф. *Ақпаратты жазу мен оқу лазерлік сәуленің көмегімен жүзеге асатын компьютер жады.* **Лазерлік химия.** хим. *Лазерлік сәулеленумен қыздырылған химиялық реакцияларды, сонымен қатар химиялық лазерлерде белсенді орта пайда болуына әкелетін химиялық процестерді зерттейтін химия саласы.* **Лазерлік шынықтыру.** металлург. *Үздіксіз немесе импульстік лазерлік сәулемен металды (бұйымды) қыздырып шынықтыру.*

**ЛАЗИ** зат. діни. *Жеті қабат жаһаннамның алтыншысы.*

**ЛАЗУРИТ** [лат. lazur] зат. мин. ***Көктас*** *(түрлі әшекейге қолданатын, жасылдау немесе көкшіл түсті, шыныдай жылтыр асыл тас).*

**ЛАЗЫ** зат. жерг. ***Қызылбұрыш.***

**ЛАЗЫМ** [ар. دائم] мод. *Солай болғаны дұрыс, сонысы жөн, солайы қажет; лайық.*

**ЛАЙ**[1] зат. *Үй салуға, кірпіш құюға арнап, арасына сабан немесе көң салып атпен, аяқпен иленген балшық.*

**Лай бастыру.** *Балшық илеу, лай жасау.*

**ЛАЙ**[2] сын. **1.** *Таза емес, тұнық емес.* **2.** ауыс. *Пиғылы жаман, арам ойлы.*

**Лай су.** *Таза емес, балшық, топырақ аралас су.* **Лай судан балық аулады.** *Өнбейтін нәрсеге әуре болды.* **Лай төккен жер**. жерг. *Балықтардың көбірек топтанған, шоғырланған лайлы жері.*

**ЛАЙБА** зат. *Қос діңгекті, желкенді қайық.*

**ЛАЙКРА** зат. *Эластанның бір түрі (мата атауы).*

**ЛАЙҚА** зат. *Өзен суының тасуы қайтқанында жайылмалық топырақ бетінде қалған лайлы тұнба.*

**ЛАЙҚАТ** сын. ескікіт. ***Лайық.***

**ЛАЙҚАТТЫ** сын. сөйл. ***Лайықты.***

**ЛАЙЛА**=ет. **1.** *Суды лайлап, былғау.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені былғау, бүлдіру, бұзу.*

**ЛАЙЛАН**= ет. **1.** *Былғану, батпақ болу.* **2.** *Күреңіту, қараю; қоюлану.* **3.** ауыс. *Көңілі бұзылу.*

**ЛАЙЛАНДЫР=** ет. **1.** *Суды қоюландыру, былғау.* **2.** *Бүлдіру, ластандыру.*

**ЛАЙЛАНДЫРУ** *Лайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЛАНУ** *Лайлан етістігінің қимыл атауы; былғану, лай көтерілу.*

**ЛАЙЛАТ=**ет. *Суды лайландыру, былғату.*

**ЛАЙЛАТТЫР=**ет. *Суды лайлатқызу, былғаныш еттіру.*

**ЛАЙЛАТТЫРУ** *Лайлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЛАТУ** *Лайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЛАУ**[1] сын. *Таза емес, тұнық емес; былғаныштау.*

**ЛАЙЛАУ**[2] *Лайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЛЫ** сын. *Лай араласқан, батпақты, былғанышты.*

**ЛАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Батпақтылық, былғаныштылық.*

**ЛАЙНЕР** зат. тех. *Өте биіктікте тез, жылдам ұшатын, көлемі үлкен әуе көлігі; үлкен ұшақ.*

**ЛАЙНСМЕН** зат. спорт. *Футбол, теннис ойындарында негізгі төрешіге көмектесетін, алаң сызығының сыртында жүретін екі төрешінің бірі.*

**ЛАЙСАҢ** зат. **1.** *Көктемгі, күзгі маусымда қардан, жауын-шашыннан миы шығып езіліп жатқан жер, батпақ.* **2.** ауыс. *Жұртты астыүстіне келтіретін лаң, қырғын-сүргін.*

**ЛАЙСАҢДАН=** ет. *Лайға айналу, былғану.*

**ЛАЙСАҢДАНУ** *Лайсаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙСАҢДЫ** сын. *Балшығы бар, лайлы.*

**ЛАЙСАҢДЫҚ** зат. **1.** *Батпақ болғандық, былғаныштық; ластық.* **2.** ауыс. *Ел тыныштығын кетірген дау-жанжал, лаң; бүліншілік.*

**ЛАЙСЫЗ** сын. *Мөлдір, тұнық, таза.*

**ЛАЙСЫЗДАНДЫРУ** зат. *Ұнтақталған зат ішінен өте ұнтақталып кеткен белгін бөліп алу; кен байытуда қолданылатын процесс.*

**ЛАЙТҰНБА** зат. сушар. **1.** *Суару арнасында, бөгендерде ағыспен әкелінген тасындылардың шөгіндісі.* **2.** *Жайылмаларға су тасындыларының немесе жыра аллювийлерінің шөгіндісі.* **3.** *Құмды жерлерді мелиорациялау әдісі.*

**ЛАЙТ=** ет. сөйл. *Лайлату, лайландыру.*

**ЛАЙХАТ** сын. ескікіт. *Лайық, жөн, дұрыс.*

**ЛАЙЫҒЫНША** үст. *Ойға алғандай, қажетінше.*

**ЛАЙЫҚ** [ар. لائق] сын. *Ыңғайлы, дұрыс, сай.*

**Лайық емес.** *Ыңғайлы, дұрыс, сай емес.* **Лайық көрді.** *Дұрыс деп санады, ыңғайлы көрді, орынды деп білді.* **Лайық па.** *Ыңғайлы ма, дұрыс па, сай ма.*

**ЛАЙЫҚАТТЫ** сын. көне. ***Лайықты.***

**ЛАЙЫҚСЫЗ** сын. *Жөнсіз, ыңғайсыз, қолайсыз.*

**ЛАЙЫҚСЫЗДАУ** сын. *Ыңғайсыздау, қолайсыздау, жөнсіздеу, өрескелдеу.*

**ЛАЙЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Ыңғайсыздық, қолайсыздық.*

**ЛАЙЫҚСЫН=** ет. *Ыңғайлы санау, қолайлы деп табу.*

**ЛАЙЫҚСЫНУ** *Лайықсын етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЫҚТА=** ет. **1.** *Ыңғайлау, дұрыстау, сай ету.* **2.** *Дұрыс көру, қол көру, лайық деп санау.*

**ЛАЙЫҚТАЛ=** ет. *Ыңғайлатылу, дұрыстала, сай етілу.*

**ЛАЙЫҚТАЛУ** *Лайықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЫҚТАН=** ет. *Ыңғайлы, дұрыс деп табылу, қол көріну.*

**ЛАЙЫҚТАНДЫР=** ет. *Лайықты еткізу, сай еттіру.*

**ЛАЙЫҚТАНДЫРУ** *Лайықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАЙЫҚТАУ**[1] сын. *Өзінің қолайына ыңғайлырақ.*

**ЛАЙЫҚТАУ**[2] *Лайықта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ыңғайлау, сай ету.* **2.** *Дұрыс көру, лайық деп санау.*

**ЛАЙЫҚТЫ** сын. **1.** *Сай, тең, парапар.* **2.** *Ыңғайлы, оңтайлы.* **3.** *Дұрыс, жөн.* **4.** *Қолайлы, жөнді. // Сай, тең жан, парапар нәрсе.*

**Лайықты адам.** *Бір нәрсеге, іс-әрекетке т. б. қолайлы, сай адам.* **Лайықты жұмыс.** *Бұрынғы жұмысынан айырылған, табысы (еңбекпен табылатын кірісі) жоқ азаматтар үшін олардың кәсіптік даярлығына сай келетін, жас шамасы, еңбек стажы, тәжірибесі, жаңа жұмыс орнына қатынау мүмкіндігі ескеріліп ұсынылатын жұмыс.* **Лайықты келмеді.** *Сай болмады, дәл келмеді.*

**ЛАЙЫҚТЫЛАУ** сын. *Ыңғайлылау, сайлылау.*

**ЛАЙЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Қолайлылық, ыңғайлылық, жарамдылық.*

**ЛАЙЫМ** [ар. الاهم] үст. *Үнемі, әрдайым, әрқашан.*

**ЛАЙЫМДА** үст. *Әрқашанда, әр уақытта.*

**ЛАЙЫТ=** ет. сөйл. *Лайлату, лайланып бозғыл тарту (су туралы)*; *суды лайлау.*

**ЛАК** [нем. Lack] зат. хим. *Металл, ағаш, әйнек, былғары т. б. заттарға әдемі өң беру үшін қолданылатын, даяр күйінде дүкендерде сатылатын түссіз шайыр ерітіндісі.*

**ЛАКИН** шылау. ескікіт. ***Ләкин.***

**ЛАККОЛИТ** [грек. lakkos – шұңқыр, litos – тас] зат. **1.** геол. *Саңырауқұлақтың телпегіне ұқсайтын интрузиялық дене пішіні.* **2.** геоморф. *Жер бетіне ашылып қалған лакколит есебінен қалыптасқан қырат.*

**ЛАКМУС** [голл. lakmoes] зат. хим. *Қышқылдың әсерімен қағазды қызыл түске, ал сілтінің әсерімен оны қайтадан көк түске өзгертетін өсімдіктен жасалған көк бояу.*

**ЛАКОНИЗМ** [грек. lakonismos] зат. әдеб. *Ойды аз сөзбен мейлінше тұжырымды, анық етіп жеткізу шеберлігі; ықшамдылық, айқындылық.*

**ЛАКРИМАТОРЛАР** [лат. lacrima] зат. *Көзді жасауратататын дара заттар немесе қоспалар.*

**ЛАКТАЗА** зат. *Кейбір бактериялар, саңырауқұлақтар құрамында және сүтқоректі жануарлар ішектерінде болатын, лактозаны ашытушы фермент.*

**ЛАКТА=** ет. *Лак жағу, лакпен сырлау.*

**ЛАКТАЛ=** ет. *Лак жағылу, лакпен сырлану, жалт-жұлт ету.*

**ЛАКТАЛУ** *Лактал етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАКТАМДАР** зат. *Химиялық қосылыстар тобы, циклінде C(O)-NH атомдар топтамасы бар аминқышқылдарының циклді туындылары, яғни аминқышқылдарының молекуласынан суды бөліп алғаннан кейін қалған қалдықтар.*

**ЛАКТАР** зат. *Дағыстанда тұратын халық.*

**ЛАКТАС=** ет. *Лак жағысу, лакпен сырласу.*

**ЛАКТАСУ** *Лактас етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАКТАТ=** ет. *Лак жаққызу, лакпен сырлатқызу.*

**ЛАКТАТУ** *Лактат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАКТАУ** *Лакта етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАКТАЦИЯ** [лат. lactare] зат. ***Сүттену*** *(сүт безінде сүттің түзілу, жиналу және оның мезгіл-мезгіл бөліну үрдісі).*

**ЛАКТАЦИЯЛЫҚ** сын. *Лактациямен байланысты, лактацияға тән.*

**ЛАКТО...** *Мағынасы сүтке байланысты дегенге тән күрделі сөздердің бірінші сыңары.*

**ЛАКТОДЕНСИМЕТР** [лат. lactis – сүт, densus – қою; грек. өлшеймін] зат. *Сүттің тығыздығын өлшеуге арналған ареометрге ұқсас өлшеуіш (құрал).*

**ЛАКТОЗА** зат. *Сүт қанты.*

**ЛАКТОЗУРИЯ** зат. *Сүт қантының несепке ілесіп сыртқа шығуы.*

**ЛАКТОМЕТР** зат. тех. *Сүттің қоюлығын анықтайтын аспап.*

**ЛАКТОНДАР** зат. *Химиялық қосылыстар тобы, циклінде – C(O)-O-атомдар топтамасы бар, оксиқышқылдардың тұйық күрделі эфирлері; органикалық синтезде, парфюмерияда хош иісті заттар, полимерлердің, т.б. еріткіштері және пластификаторлары ретінде қолданылады.*

**ЛАКТОСКОП** [лат. lactis – сүт, грек. skopeo – қараймын] зат. тех. *Сүттің сұйықтығы бойынша майлылығын анықтайтын аспап.*

**ЛАҚ**[1] зат. *Ешкінің алты айға дейінгі төлі.*

**Лақ құрлы**. *Лақ сияқты, лақ тәрізді де санамау, бағаланбау.* **Лақ сүмбіле.** *Тамыз айының бірінші жартысы.* **Лақ теке**. *Тартылмаған алты айлық еркек лақ.* **Лақ текедей бақылдап.** бейн. *Әбден есті шығарып.* **Лақ текенің көзіндей.** бейн. *Шадырайып, оқырайып.*

**ЛАҚ**[2] елік. *Сұйық заттың кенеттен ақтарылғанын бейнелейтін сөз.*

**Лақ дегізді.** *Лоқ еткізді, құсты.* **Лақ еткізді [етті].** а) *Сұйық затты ақтарып төге салды.* ә) *Барын алдына жайып салды, ойындағысын айтып салды.* **Лақ ұру.** *Не болса соны айту, босу.*

**ЛАҚ=** ет. **1.** *Басқа жаққа, айдалаға беталды қашу, бас бермеу.* **2.** ауыс. *Тура жолдан кету, қағидаттарын ауыстыру.* **3.** *Барар бағытын білмей, беталбаты сансырап жүре беру.* **4.** *Айдалаға, аулаққа қашу, ешкімді көргісі келмей кетіп қалу.* **5.** ауыс. *Босқа қаңғу, сенделу.* **6.** ауыс. *Не болса соны айту, әңгімеден ауытқу, бос сөйлеу, көпіру.*

**ЛАҚА** зат. зоол. <лат. lota lota> *Мұртты, басы жалпақ, бауыры теңбілдеу қоңыр түсті үлкен балық.*

**Лақа ауыз**. *Күлегеш, не болса соған ыржиып күле беретін.* **Лақа бас.** *Доғалдау келген жалпақ басты.* **Лақа мұрт**. *Мұрты едірейген, ыңғайсыздау.*

**ЛАҚАН** зат. өс. *Сабағының өн бойын тікен басып жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЛАҚАП** [ар. لقب] зат. **1.** *Алыпқашты сөз, өсек.* **2.** *Қауесет; дақпырт.* **3.** *Ат, атақ.* **4.** *Лақап ат.*

**Лақабы жер жарған.** экспр. мысқыл. *Атағы жер жарған, аты шулы.* **Лақап ат.** *Жасырын, жалған ат, бүркеншік есім.* **Лақап әңгіме.** көне. әдеб. *Аңыз әңгіме.* **Лақап сөз**. *Ел ішіне жайылған дақпырт сөз, жалған хабар.* **Лақап тарады [жайылды]**. *Әңгіме-өсек өрбіді, сөз болды.* **Лақап таратты**. *Өсек қылды, сыртынан күйе жағып әңгіме айтты.* **Лақап шашты**. *Дақпырт, жалған хабар таратты.* **Лақап шашылады.** *Жалған хабар тарайды.*

**ЛАҚАПТА=** ет. *Жалған сөз, хабар, қауесет айту.*

**ЛАҚАПТАУ** *Лақапта етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚАТ** [ар. لحد] зат. *Қабірдің өлік денесі қойылатын қуысы; ақым.*

**ЛАҚАТТА=** ет. *Қабірдің бір жақ қабырғасын кеуектеп, қуыстап қазу.*

**ЛАҚАТТАУ** *Лақатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚАТШЫ** зат. *Лақат қазушы, жерлеуші адам.*

**ЛАҚАШ** зат. жерг. *Жайынның кішісі.*

**ЛАҚҚА** зат. көне. *Малға дайындалатын қыстық шөп қоры.*

**ЛАҚҚЫ** сын. жерг. *Күлдіргіш, масқарампаз.*

**ЛАҚҚЫШ** сын. *Не болса, соны айтатын, бөспе.*

**ЛАҚ-ЛАҚТА: лақ-лақтап жүру.** жерг. *Жаңбырлы күні құрғақ жермен жүру.*

**ЛАҚПА** сын. *Лағып бетімен кететін; бос сөйлейтін. // Бос әңгіме, өсек.*

**Лақпа мінез.** *Арсың-күрсің, оғаш мінез.*

**ЛАҚСА**[1] зат. өс. <лат. echinops> **1.** *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, мал жемейтін улы өсімдік.* **2.** *Түйе жейтін тікенді шөп.*

**ЛАҚСАТІКЕН** зат. өс. сөйл. ***Лақса***[1]***.***

**ЛАҚСА**[2] сын. *Тісі түсіп, әбден қартайған (ат, ит, т.б.).*

**ЛАҚТА=** ет. *Ешкі малының, тауешкінің төлдеуі.*

**ЛАҚТАЙ** сын. *Лақ сияқты.*

**Лақтай секірді.** *Асыр салды, ойнақтады.*

**ЛАҚТАУ** *Лақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚТЫ** сын. *Лағы бар.*

**ЛАҚТЫҚ** сын. *Лаққа тұрарлық, лаққа татырлық.*

**ЛАҚТЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсені қолдың күшімен алысырақ сермеп тастау.* **2.** ауыс. *Аластау, қашыру, жолатпау.* **3.** *Алып ұру, күшке салу.* **4.** ауыс. *Тез өту (уақыт, мерзім).* **5.** *Тастау, пайдаланбау.* **6.** *Қажетсіз етіп, алысқа тастау.* **7.** сөйл. *Оқыс, ыршытып жіберу, серпілту.* **8.** *Шашу, аспанға ату.* **9.** ауыс. *Үйіп-төгу, аямау.*

**ЛАҚТЫРТ=** ет. *Бір нәрсені қолдың күшімен алысырақ сермеп тастатқызу.*

**ЛАҚТЫРТУ** *Лақтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚТЫРУ** *Лақтыр етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені қолдың күшімен сермеп тастау.*

**Лақтыру алаңы.** спорт. *Аумағына спорт жабдығының түсуі есепке алынатын лақтыруға арналған алаң.*

**ЛАҚТЫРЫЛ=** ет. *Бір нәрсенің қолдың күшімен алысырақ сермеп тастатылуы.*

**ЛАҚТЫРЫЛУ** *Лақтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚТЫРЫС=** ет. *Бір нәрсені қолдың күшімен алысырақ сермеп тастасу.*

**ЛАҚТЫРЫСУ** *Лақтырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚУА** сын. *Сөзшең, әзілкеш.*

**ЛАҚША** үст. *Лақ тәрізді, лақ құсап.*

**Лақша бақыртты.** *Бажылдатып, шырылдатып.* **Лақша бауыздады.** *Аямады, қан-жоса етті; бауыздар алдындағы лақтай бақыртты.*

**ЛАҚЫЛДА=** ет. **1.** *Жиегінен, кемерінен асып төгілу.* **2.** ауыс. *Өршелене түсу, лепіру.*

**ЛАҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Лақ ете қалғыш, лепірме.* **2.** *Көпірме, бос.*

**ЛАҚЫЛДАС=** ет. *Өршелене түсісу, лепірісу.*

**ЛАҚЫЛДАСУ** *Лақылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Лепірту, тоқтамай сөйлеу.* **2.** *Лоқсыту, лоқылдату.*

**ЛАҚЫЛДАТУ** *Лақылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚЫЛДАУ** *Лақылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҚЫ-МҰҚЫ** зат. жерг. *Ескі-құсқы, көне.*

**ЛАЛ** зат. сөйл. ***Лағыл.***

**ЛАЛА** зат. өс. сөйл. ***Лалагүл.***

**ЛАҚЫТ** зат. жерг. ***Лақат***.

**ЛАЛАГҮЛ**[1] [ир. لاله] зат. өс. <лат. lilium> *Дара жарнақты, бадаланы көпжылдық өсімдік.*

**Лалагүл тұқымдасы**. бот. <лат. lilaceac> *Дара жарнақтыларға жататын көпжылдық түйнек қауашықты кейде тамырсабақты шөптесін, бұташылық өсімдіктер.*

**ЛАЛАГҮЛ**[1] зат. өс. ***Түңғиық.***

**ЛАЛАДАЙЫН** сын. поэт. *Лалагүлдей, ит қызғалдақтай көркем де нәзік.*

**ЛАЛАЗАР** зат. *Райхан гүл бағы.*

**ЛАЛАМ** зат. ескікіт. *Зергерлік асыл тастармен сауда жасаушы.*

**ЛАМА**[1] [лат. lama] зат. зоол. *Сүтқоректілер тобы, көктабандылар отрядына жататын күйіс қайыратын өркеші жоқ, Оңтүстік Американы мекендейтін кішігірім жануар.*

**ЛАМА**[2] [тибет. blama] зат. діни. *Будда дінінің сопысы, дін басы.*

**ЛАМАИЗМ** зат. діни. *Тибет пен ішкі Моңғолияға, Моңғолия Республикасына, Непал мен Үндістанның кейбір аудандарына тараған буддизм дінінің бір тармағы.*

**ЛАМАИСТ** зат. діни. *Ламаизмді қолдаушы.*

**ЛАМАЙЛА=** ет. жерг. *Бытыстыру, сапырылыстыру, араластыру.*

**ЛАМАЙЛАУ** *Ламайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАМАНТИН** [франц. lamantin] зат. зоол. *Сүтқоректілер класы сирендер отрядының құйрығы жүзбе қанат болып келетін, денесі қоңырқай, иілгіш ескек аяқтарымен су түбінде сырғып қозғалатын бір тұқымдасы.*

**ЛАМАРКИЗМ** зат. *Тірі табиғаттың дамуы жайындағы тұңғыш, біртұтас, эволюциялық ілім [Бұл ілімнің негізгі идеясы француз зерттеушісі, эволюциялық теорияны жасаушы Ж.Б.Ламарктің еңбегінде баяндалған].*

**ЛАМБАДА** зат. *Орындау табиғаты бойынша белді, жамбасты өзгеше қимылдатып билейтін латын-америкалық жұпты би түрі, самба биінің өзгертілген бір түрі.*

**ЛАМБҮК** зат. *Матаның түрі.*

**ЛАМИНАТ** [лат. lamina] зат. *Су өткізбеушілік қасиеті бар жұқа ламинар қабатты еден үсті жабындарының бір түрі.*

**ЛАМИНАТОР** зат. тех. *Қағаз, картонды тығыздау және жылтыратуға арналған механизм.*

**ЛАМИНИРЛЕ=** ет. тех. *Құжаттардың, жеке куәліктің сыртын мөлдір қорғаушы жабынмен қаптау.*

**ЛАМИНИРЛЕУ** *Ламинирле етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАМПРОФИРЛЕР** зат. *Химиялық, минералдық құрамы, құрылымы және жатыс пішіні бойынша басқа магмалық жыныстардан оқшау тұратын меланократты гипабиссал таужыныстар.*

**ЛАМПРОФИЛЛИТ** [грек. lampros – жылтыр, phyllon – жапырақ] зат. геол. *Силикаттар класының оқшауланған тетраэдрлі типіне жататын минерал.*

**ЛАМПА** [франц. lampe] зат. ***Шам*** *(жарық түсіруге арналған шам).*

**ЛАМПИОН** зат. *Шыны я қағаздан істелген түрлі-түсті шам.*

**ЛАМПЫ** зат. сөйл. ***Лампа.***

**ЛАМУТТАР** зат. *Эвендердің ертедегі атауы.*

**ЛАНАЗОЛЬДАР** зат. *Швейцарияда шығарылатын жүнді бояуға арналған белсенді бояғыштардың саудадағы атауы.*

**ЛАНГЕР** зат. *Зәкір.*

**ЛАНДТАГ** зат. *Германияда, Австралияда облыстың не жердің өзін-өзі басқару органы.*

**ЛАНАТТА=** ет. жерг. ***Лағынетте.***

**ЛАНГЕТ** [франц. languette] зат. тамақ. *Малдың сан етін ағаш балғамен жаншып, жұмсақтап, қазанға қарып пісіретін тағам.*

**ЛАНДО** зат. *Үсті ашық, төрт орынды күйме.*

**ЛАНДСКЕТ** зат. тар. *Орта ғасырларда Еуропада болған жалдамалы солдат.*

**ЛАНДШАФТ** [нем. Landschaft] зат. геогр. **1.** *Белгілі бір аймақтың жалпы көрінісі, жер бедері.* **2.** *Тау жыныстары, ауа, су, топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі бір-біріне тәуелді, өзара тығыз байланыста болып келетін территориялық кешен.*

**Ландшафтар инверсиясы.** геогр. *Ландшафтардың биіктік бойынша таралуының биіктік белдеулік заңдылығына сәйкес келмеушілігі.* **Ландшафт геохимиясы**. геогр. *Географиялық ландшафттарда химиялық элементтердің химиялық құрамын және миграциясын (көшуін) зерттейтін геохимия мен физикалық географияның бөлімі.* **Ландшафт құраушылар**. геогр. *Географиялық қабық пен кешенді құраушы жеке бөліктер.* **Ландшафт физикасы.** геогр. *Ландшафттанудың ландшафт процестерін физикалық жолмен айқын анықтайтын саласы.*

**ЛАНДШАФТТАНУ** зат. геогр. *Физикалық географияның табиғи аймақтық кешендерін (геожүйелерді) зерттейтін ғылым саласы.*

**ЛАНДШАФТТЫҚ** сын. *Ландшафтқа қатысты, ландшафтқа тән.*

**ЛАНДЫШ** [лат. convallaria] зат. өс. *Ұсақ ақ гүлдері бар, хош иісті өсімдік.*

**ЛАНОЛИН** зат. *Қой жүнінің шайырынан жасалған май тәрізді зат.*

**ЛАНСЬЕ** зат. *Балда билейтін би.*

**ЛАНТАНИДТЕР** зат. хим. ***Лантаноидтар.***

**ЛАНТАНОИДТАР** зат. хим. *Церий, празеодим, неодим, прометий, самарий, европий, гадолиний, тербий, диспрозий, гольмий, эрбий, тулий, иттербий және лютеций элементтері кіретін Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесіндегі f-элементтер тобы; рет нөмірлері 58–71, химиялық белсенді, көптеген жай заттармен әрекеттесіп, төзімді қосылыстар түзетін, сумен, минералдық күшті қышқылдармен оңай әрекеттесетін.*

**ЛАНТАН** [грек. lanthano] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы химиялық элемент.*

**ЛАНЦЕТ** [нем. Lanzette] зат. мед. *Хирургияда қолданылатын ұшы сүйір, екі жүзді өткір кездікше.*

**ЛАНЦЕТНИКТЕР** [лат. branchiostoma] зат. зоол. *Жылы теңіздерде тіршілік ететін, денесі мөлдір, денесі ланцет тәрізді, хордалы жануарлардың бассүйексіздер тип тармағының бір тұқымдасы.*

**ЛАҢ**[1] зат. вет. *Малда, адамда кездесетін жұқпалы індет; ұшпа.*

**ЛАҢ**[2] зат. **1.** *Елді дүрліктіретін, әлекке түсіретін, әбігер қылатын әрекет.* **2.** *Бүлік, бүліншілік.* **3.** *Кесір, кесапат.* **4.** *Бәле, бәлеміс.* **5.** *Бүлінушілік, дау-шар.*

**Лаң салды**. *Әлек салды, ойрандады, зардап шектірді.* **Лаң тигендей.** *Аяқ астынан бірдеме болғандай.* **Лаң түсті.** *Елдің тыныштығы кетті, бүліншілік болды.* **Лаң шығару.** *Бәле салу, жоқ жерден бүлік шығару.*

**ЛАҢҒАДА** зат. өс.сөйл. ***Лаң.***

**ЛАҢДА=** ет. *Берекені алу, ойрандау, бүлдіру.*

**ЛАҢДАТ=** ет. *Ойрандатқызу, бүлдірту.*

**ЛАҢДАТУ** *Лаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҢДАУ** *Лаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАҢКЕ** зат. *Сырт киімдік арзанқол мата.*

**Лаңке шапан.** *Лаңкеден тігілген шапан.*

**ЛАҢКЕС** зат. қоғ.-саяси. <лат. terror> *Лаңкестік актіге қатысушы, қолдау көрсетуші.*

**ЛАҢКЕС-КАМИКАДЗЕ** зат. жаңа. *Лаңкестік актіге қатысып, өлімге бел байлаушы, өзін-өзі өлімге қиюшы.*

**ЛАҢКЕСТІК** зат. қоғ.-саяси. <лат. terror> *Саяси қарсыластарын күш қолдану тәсілдері арқылы (артынан түсу, өлтіру, т.б.) басып-жаншу, қорқыту, үркіту саясаты қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет.*

**Лаңкестік актілер**. *Күш қолдану тәсілдері арқылы (артынан түсу, өлтіру т.б.) басып-жаншу іс-әрекеттері.* **Лаңкестік ұйым**. *Лаңкестік іс-әрекеттер мен актілерді қолданушы, ұйымдастырушы ұйым.* **Лаңкестік іс-әрекет [әрекет]**. *Саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет.*

**ЛАҢКЕСШІ** зат. сөйл. ***Лаңкес.***

**ЛАҢКЕСШІЛ** сын. *Лаңкестік әрекетке үйір, қолдаушы.*

**ЛАҢКЕСШІЛДІК** зат. саяси. <лат. terror> *Саяси мақсатқа жету үшін лаңкестікті (террорды) құрал етіп пайдаланушылық.*

**ЛАҢСА** зат. өс. <лат. echinops> *Итсигек тұқымдасына жататын көпжылдық улы өсімдік.*

**ЛАҢСҮМБІЛЕ** зат. *Тамыз айының бірінші жартысы.*

**ЛАҢШЫ** зат. *Лаң салушы, бүлдіруші.*

**ЛАҢШЫЛ** сын. *Жанжалқұмар, бүлікшіл.*

**ЛАП** елік. *Лезде жанған отты бейнелейтін сөз.*

**Лап бергіш.** *Қызба, желөкпе.* **Лап берді**. а) *Бір нәрсеге жапа-тармағай тобымен ұмтылды, бет қойды.* ә) *Бірден опырылып түсті.* б) *Оқыстан, ойламаған жерден басталады.* в) *От бірден тұтанды, лезде жанды, от лап етті, лаулады.* **Лап етті.** а) *Бірден, лезде тұтанды (от, өрт).* ә) *Төбеден түскендей болды, ойламаған жерден келді (жамандық).* б) *Санаға ой түсті, идея пайда болды.* в) *Қызарып, ысып кетті (беті, тұла бойы).* ғ) *Бірден басталды, бет қаратпады.* **Лап қойды**. а) *Жапа-тармағай тұра ұмтылды.* ә) *Бас салды, қимыл-әрекет құлшыныспен, қарқынмен басталды.* б) *Бірден дендеді, жапа-тармағай жайлады.* в) *Бас-көзге қарамай, бірден басып кірді, басып алды.* **Лап ұрды.** *Жапа тармағай ұмтылды, жүгірді.*

**ЛАП**[3] зат. *Финн, карел жұрты.*

**ЛАПАРИТ** зат. хим. *Құрамында 11% $Nb_2O_5$ бар минерал.*

**ЛАПАРСИЯ** зат. жерг. *Көк сия.*

**ЛАПАС**[1] [ар. لباس] зат. *Үш жақ қабырғасы жабық, төбесі жеңіл-желпі жабылған, үй ауласындағы жай.*

**ЛАПАС**[2] зат. көне. *Лыпа, киім.*

**ЛАПАСТА=** ет. *Лапас секілді етіп, жайдың төбесін жеңіл-желпі жауып қою.*

**ЛАПАСТАУ** сын. *Лапас секілді төбесі жабылған.*

**ЛАПБАЙШЫЛ** сын. сөйл. *Ләббайшыл барлық нәрсеге келісетін, құпшыл, мақұлшыл. шыл.*

**ЛАПИС** зат. көне. *Перекис секілді медицина саласында қолданылатын сұйықтық.*

**ЛАПКЕ** [ор. лавка] зат. сөйл. ***Ләпке.***

**ЛАПҚАЙ** зат. жерг. *Өтірікші, бос сөзді, мылжың.*

**ЛАПҚОЙ** сын. сөйл. *Лепірме, даңғой.*

**ЛАП-ЛАП** елік. *Лаулап, үсті-үстіне жалындап жанған оттың дыбысын, қимылын бейнелейтін сөз.*

**Лап-лап етті.** *Лаулап, лапылдап жанды.*

**ЛАПСАНА** зат. өс. *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын жабайы шөптесін өсімдік.*

**ЛАПТА** зат. спорт. *Доп ойынының бір түрі.*

**ЛАПТОП** зат. инф. *Өлшемдері мен жадысы кішкентай, жазық дисплейі бар шағын жеке компьютер.*

**ЛАПЫ** зат. жерг. *Бос, болдырымпаз ат.*

**ЛАПЫЗ** зат. өс. <лат. colchicum> *Лалагүлділер тұқымдасына жататын сабағы қысқа, гүлі ірі, ашық түсті көпжылдық өсімдік.*

**ЛАПЫЛ** зат. **1.** *Лаулап жанған оттың алауы.* **2.** ауыс. *Жүрек отының жалыны, сезім қуаты.* **3.** ауыс. *Қан соғыс, майдан.*

**ЛАПЫЛДА=** ет. **1.** *Оттың лаулап жанып, алаулап жоғары көтерілуі.* **2.** ауыс. *Жалындау, қызуы басылмау, күйіп-жану; жастықтың қызуы жібермеу.* **3.** ауыс. *Дененің қызуы көтеріліп күйіп-жану.* **4.** ауыс. *Жүректің алабұртып, алып-ұшуы.* **5.** *Өршу, күшею, үдеу.* **6.** *Желігу, елігу, елеуреу.*

**ЛАПЫЛДАҚ** сын. *Лаулап жанғыш, алаулағыш.*

**ЛАПЫЛДАС=** ет. *Көңіл қосысу, сезімге берілісу, жүректің алабұртып алып-ұшысуы.*

**ЛАПЫЛДАСУ** *Лапылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Отты лаулатып жандыру, жалынын жоғары көтеру.* **2.** ауыс. *Жігерлендіру, күшейту, өршіту.*

**ЛАПЫЛДАТУ** *Лапылдат етістігінің қимыл атауы; лаулап жанғызу, алаулату.*

**ЛАПЫЛДАУ** *Лапылда етістігінің қимыл атауы*

**ЛАПЫЛДАУЫҚ** зат. жерг. *Қалтқы, аудың қалқыма ағашы.*

**ЛАПЫР=** ет. көне. ***Лепір.***

**ЛАПЫТ** сын. жерг. *Беталды лағып сөйлейтін.*

**ЛАР** зат. көне. *Астық, ұн сақтайтын жәшік.*

**ЛАРВИЦИД** [лат. larva – дернәсіл, derecae – өлтіру] зат. хим. *Шыбын-шіркей, құмырсқалардың құрттарын өлтіретін инсектицидтер.*

**ЛАРГО** [итал. largo] зат. муз. **1.** *Музыкада қолданылатын ең баяу, жай екпін.* **2.** *Осындай қарқынды музыкалық шығарма не оның бөлігі.*

**ЛАРЕК** ор. зат. *Ұсақ-түйек заттар сататын кішкене дүкен.*

**ЛАРЗА** зат. *Тербеліс, зілзала.*

**ЛАРИ** зат. экон. *Грузияның ақша өлшемі.*

**ЛАРИНГИТ** [грек. larynx] зат. мед. *Көмей кілегей қабығының қабынып ауыруы.*

**ЛАРИНГОЛОГ** зат. мед. *Ларингология маманы.*

**ЛАРИНГОЛОГИЯ** зат. мед. *Тамақ ауырулары туралы медицина саласы.*

**ЛАРИНГОСКОП** зат. *Көмекейді зерттеу үшін қолданылатын арнаулы аспап.*

**ЛАРИНГОТРАХЕИТ** зат. *Көмекей мен кеңірдектің қоса қабынуы.*

**ЛАРИНГОФОН** [грек. larynx (laryngos) – көмей, phone – дыбыс] зат. мед. *Дыбыс тербелісін тексеретін аппарат.*

**ЛАС** сын. **1.** *Таза емес, былғаныш, кір.* **2.** *Тазалықты сақтамайтын, салақ.* **3.** ауыс. *Быксық, пасық, арамза. // Арам іс, арамзалық. // Арамза кісі, арам ойлы адам.*

**Лас кеуде.** *Арамза кісі, көркеуде.* **Лас кеуде.** стиль. *Көр кеуде, надан, арам.* **Лас сөз.** а) *Қарабайыр, ұятсыз, әдепсіз сөз.* ә) *Бөгде сөз, түсініксіз сөз.*

**ЛАСТА=** ет. **1.** *Лас ету, былғау, кірлету.* **2.** *Өзен, көл, су, ауа т.с.с. қоршаған табиғи ортаны зиянды заттектермен бүлдіру.* **3.** ауыс. *Ар-ұятты аяққа басу, ұятқа қалдыру.* **4.** ауыс. *Кір келтіру, дақ түсіру.* **5.** *Бүлдіру, бұзу.*

**ЛАСТАҒЫШТАР** зат. биол. *Қоршаған ортада шектен тыс мөлшерде пайда болған және ортаны ластайтын заттар немесе биологиялық түрлер (микроорганизмдер).*

**ЛАСТАН=** ет. **1.** *Былғану, кірлену.* **2.** экол. *Адамға табиғи зиянды ортаға әсер ететін заттектерден қоршаған ортаның залал шегуі.*

**Ластанған су.** экол. *Құрамы мен физикалық қасиеті антропогендік әсерден нашарлаған су.*

**ЛАСТАНДЫР=** ет. *Былғату, кірлету.*

**ЛАСТАНДЫРУ** *Ластандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАСТАНУ**[1] зат. экол. *Адамға және табиғи экожүйеге зиянды әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттектердің, агенттердің қоршаған ортаға түсуі, залал келтіруі.*

**Ластану деңгейі.** экол. *Ортадағы ластағыш заттектер құрамының абсолютті немесе салыстырмалы көрсеткіші.* **Ластану көрсеткіші.** тех. *Қоршаған ортада ластағыштардың бар екенін, олардың жинақталуын, сандық және сапалық құрамының өзгеруін білдіретін көрсеткіш.*

**ЛАСТАНУ**[2] *Ластан етістігінің қимыл атау; былғану, кірлену.*

**ЛАСТАТ=** ет. **1.** *Былғату, кірлету.* **2.** ауыс. *Ар-намысын аяққа таптату.*

**ЛАСТАТУ** *Ластат етістігінің қимыл атауы; кір келтірту, дақ түсірту.*

**ЛАСТАУ**[1] сын. *Былғаныштау, кірлеу.*

**ЛАСТАУ**[2] *Ласта етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАСТАУШЫ** сын. экол. *Зиян келтіруші, бүлдіруші.*

**ЛАСТЕК** зат. сөйл. ***Ләстік.***

**ЛАСТЫҚ** зат. **1.** *Таза еместік, былғаныштық; настық.* **2.** *Денсаулыққа зиянды заттар.* **3.** ауыс. *Іші быксыған пасықтық, арамзалық.*

**ЛАСЫ** зат. кәс. *Қаракөл елтірісінің бүйрасы толық жетілмеген тықыр жүнді жылтыр жері.*

**ЛАТ**[1] зат. экон. *Латвияның 100 сантиметрге тең бұрынғы (2004 ж. мамырына бейін) ақша өлшемі.*

**ЛАТ**[2] зат. **1.** *Былғаныш, лас.* **2.** ауыс. *Кінә, айып.*

**ЛАТАНИЯ** зат. өс. *Пальма тектес жалпақ жапырақты сәндік өсімдік.*

**ЛАТАФАТ** зат. ескі кіт. *Қайырымдылық; ілтипат; жұмсақтық.*

**Латафат бахри.** *Шексіз инабаттылық.*

**ЛАТАФАТ**: **латафат бахры.** ескі кіт. *Әдемілік, сұлулық теңізі.*

**ЛАТЕРИТ** [лат. later] зат. геол. *Ылғал тропиктер мен субтропиктік аймақтарға тән түсі қызыл, темірлі немесе темірлі алюминийлі тығыз саз, тас кейіпті шөгінділер.*

**ЛАТИМЕРИЯ** [лат. latimeria chalumnae] зат. зоол. *Сүйекті балықтардың қалаққанаттылар класы тармағына жататын, денесі жуан, қабыршақтары жалпақ, көкірек және құрсақ жұп жүзбе қанаттары саусаққа ұқсас, сондықтан саусаққанатты балық деп аталатын балық.*

**ЛАТИНИЗМ** [лат. latinus] зат. лингв. *Латын тілінен алынған сөз.*

**ЛАТИНИСТ** зат. лингв. *Латын тілінің маманы.*

**ЛАТИФ** [ар. لطف] сын. ескікіт. *Қайырымды, ізгі.*

**ЛАТИФА** [ар. لطيفة] зат. әдеб. *Шығыс әдебиетінің термині, белгілі бір адамның атына байланысты айтылатын қызықты, күлкілі шағын әңгіме, анекдот.*

**ЛАТИФУНДИЗМ** [лат. latus – байтақ, fundus – поместье] зат. саяси. *Латифундияға негізделген жер иелену жүйесі.*

**ЛАТИФУНДИСТ** зат. *Ірі жер иеленуші, помещик.*

**ЛАТИФУНДИЯ** [лат. latifundium] зат. *Помещикке тән жер шаруашылығы, жеке меншікке негізделген ірі жер иелігі.*

**ЛАТУНЬ** [нем. Latun] зат. мин. *Тат баспайтын жез бен қола араласқан қоспа металл.*

**ЛАТЫН: латын әліпбиі.** лингв. *Б.з.б. 7 ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болған, құрамында 25 әріп бар, таралуы жағынан дүниежүзінде бірінші орын алатын, ашық әліпби.* **Латын әрпі.** лингв. а) *Латын әліпбиін пайдаланатын жазу жүйесі.* ә) *Латын графикасы.* **Латын жазуы.** лингв. *Латын әрпін, графикасын пайдаланатын жазу жүйесі.* **Латын тілі.** лингв. *Үндіеуропа шоғырының италиялық тобына жататын көне тілдердің бірі.*

**ЛАТЫНДАНДЫРУ** зат. лингв. *Латын тіліне, латын әрпіне, әліпбиіне аудару үрдісі.*

**ЛАТЫНША** үст. **1.** *Латын тілінде.* **2.** *Латын әліпбиінде.* **3.** *Латын жазуында.*

**ЛАТЫНШАЛА=** ет. **1.** *Латын тілінде сөйлеу.* **2.** *Латын тіліне аудару.*

**ЛАТЫНШАЛАУ** *Латыншала етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАТЫНШЫЛДАР** зат. тар. *XX ғ. басындағы латын әліпбиін, латын жазуын қазақ жазба тіліне енуін қолдаушы топ.*

**ЛАТЫШ** зат. *Латвия мемлекетінің негізгі халқы.*

**Латыш тілі.** лингв. *Латыш халқының ана тілі.*

**ЛАУ**[1] зат. көне. *Қызмет бабымен жүрген лауазымды адамдарды бір ауылдан (бекетінен) екінші ауылға (бекетке) жеткізіп салатын күш-көлік.*

**Лау мінді.** *Қызмет адамдарын таситын күш-көлікке отырды.* **Лау тартқызды.** *Жолаушы тасытты.*

**ЛАУ**[2] елік. *Бірден тұтанған, лауылдап жанған отты бейнелейтін сөз.*

**Лау етті.** *От бірден жанды; лап етті.*

**ЛАУАЗЫМ** [ар. لوازم] зат. **1.** *Мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қарулы күштер жүйесінде арнайы құзіреттілікпен тұрақты немесе уақытша билік өкілі қызметін атқаруды жүктейтін өкілеттілік.* **2.** *Жоғары қызмет, атақ-дәреже.*

**Лауазым алды.** *Белгілі бір лауазымды қызмет иеленді.* **Лауазым иесі.** *Мемлекеттік органдарда істейтін өкім беру, ұйымдастыру т.б. өкілеттілігі бар қызмет иесі.* **Лауазымын көкке шақыртты.** *Абырой-атағын, даңқын бір тиын құрлы көрмеді, аяғын аспаннан келтірді.* **Лауазымын пайдаланды.** *Қызмет бабын жеке басының қарекетіне пайдаланды.*

**ЛАУАЗЫМДЫ** сын. **1.** *Қызметі жоғары, атақты, дәрежелі.* **2.** *Құзырлы.*

**Лауазымды адам.** а) заң. *Ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық, өкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам.* ә) *Қызметтегі басшы адам.* **Лауазымды қызмет.** *Атақ-дәрежесі жоғары, басшылық қызмет.* **Лауазымды орын.** *Құзырлы орын, басшылық.* **Лауазымды өкілеттік.** заң. *Заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.* **Лауазымды тұлға.** *Жоғары атақты, дәрежесі бар адам.*

**ЛАУАЗЫМДЫҚ** сын. *Лауазымға қатысты, лауазымды адамдарға тән.*

**Лауазымдық міндеттер.** заң. *Лауазымды нұсқаулықта бекітілген орындалуға міндетті әрекеттер мен қызметтер тобы.* **Лауазымдық нұсқаулық.** *Ұйымдағы әртүрлі лауазымдардан дағды мен өкілетті талап ететін негізгі міндеттердің қысқаша мазмұндамасы.*

**ЛАУАЗЫМШЫЛ** сын. *Жоғары атаққа жаны құмар; дәрежешіл, шеншіл.*

**ЛАУ-АЛМАН** зат. *Ұрыс, жанжал, дау-дамай.*

**ЛАУҚҰЛМАҚПОЗ** [ар. لوح المحفوظ] зат. діни. *Тағдырдың жазуы жазылатын тақта.*

**ЛАУҚЫ** зат. сөйл. ***Лаух.***

**ЛАУЛА=** ет. **1.** *Қатты маздап жану, лапылдау.* **2.** ауыс. *Пайда болу; қаула, жалындау, өршу.* **3.** *Өсек, әңгіменің тез жайылуы, өрбуі.* **4.** ауыс. *Бал-бұл жану, балбырау.* **5.** ауыс. *Атағы жайылу, даңқы көтерілу.* **6.** ауыс. *Үдеу, өршу, бой бермей кету (сезім).* **7.** ауыс. *Жастық шақтың жалынымен қызбалану, өршелену; бет қаратпау.*

**Лаулап жанды.** а) *От қатты маздап жанды, өртенді.* ә) *Өсті, өрбіді, өрледі.* **Лаулап жану.** *Атағы жайылу, аты қалу.*

**ЛАУЛАН=** ет. *Қызару, алаулану.*

**ЛАУЛАТ=** ет. **1.** *Отты қатты маздатып жағу, лапылдату.* **2.** ауыс. *Жалындату, өршіту, үдету.* **3.** *Қызарту, алаулату.*

**Лаулата жақты.** *Маздата жақты, лапылдатты.*

**ЛАУЛАТУ** *Лаулат етістігінің қимыл атауы; отты қатты жағу, лапылдату.*

**ЛАУЛАУ** *Лаула етістігінің қимыл атауы; жанып кету, өртену.*

**ЛАУ-ЛАУ** елік. *Оттың лапылдап жанғанын бейнелейтін сөз.*

**Лау-лау етті.** *Әңгіме, дау-дамай ду-ду етіп қыза түсті.*

**ЛАУМІНЕР** зат. *Қызмет бабымен лау атына, көлікке мінуші.*

**ЛАУРЕАТ** [лат. laureatus] зат. *Ғылым-техника, мәдениет т.б. салаларындағы аса үздік жетістіктері мен табыстары үшін берілетін құрметті атақ, арнайы жүлде.*

**ЛАУРЕАТТЫҚ** зат. *Лауреат атағына ие болушылық, лауреат болғандық.*

**ЛАУХ** [ар. لوح] зат. діни. *Туғанға дейін адамның тағдыры жазылған тақта.*

**ЛАУХИЛ** *зат. діни. Тағдыр тақтасы.*

**ЛАУШЫ** зат. *Лау айдаушы, лау тартушы.*

**ЛАУЫҚ** зат. сөйл. ***Лаух.***

**ЛАУЫЛДА=** ет. сөйл. ***Лаула.***

**ЛАУЫЛДАТ=** ет. *Лаулату, лапылдату.*

**ЛАУЫЛДАУ** *Лауылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛАУЭГРАММА** зат. *Рентген сәулелерінің көмегімен алынған қозғалмайтын монокристалдың дифракциялық кескіні.*

**ЛАФЕТ** [нем. Laffette] зат. *Пулемет, зеңбірек сияқты т. б. құралдар орнатылатын негіз, тірек.*

**ЛАУХЫ** зат. ескікіт. ***Лаух.***

**ЛАХАТ** зат. сөйл. ***Лақат.***

**ЛАХАР** зат. геол. *Жанартау беткейлерінде сынықты жанартау материалының кратерлік көл суларымен, жауын-шашын не еріген қар суларымен араласуынан түзілетін лай ағын.*

**ЛАХД** зат. ескікіт. ***Лақат.***

**ЛАХЫТ** зат. ескікіт. ***Лақат.***

**ЛАШКЕР** зат. ескікіт. ***Ләшкер.***

**ЛАШЫҚ** зат. **1.** *Кедей-кепшік, құл, қойшы, қызметші сияқты төменгі тап өкілдерінің тұратын жұпыны, тозығы жеткен үйі.* **2.** *Уақытша тұруға арналған төбесі шошайтып жасалған баспана.* **3.** ауыс. *Кедей тап, шаруалар табы.* **4.** ауыс. *Үй, туған түтін, қауіпсіз жер.*

**ЛАШЫН** зат. **1.** зоол. <лат. falco peregrinus> *Өте шапшаң ұшатын, ұшып жүріп торғай, қарға, кептер, шіл, кекілік, бұлдырық алатын, құсбегілер баулып қаз-үйрек, дуадақ, тырна, ұлар аулайтын жыртқыш құс.* **2.** *Сұңқар тұқымдасына жататын, қанатының үстіңгі беті сұр, асты ақ, аталығының салмағы 500-800 г, ұябасарынікі 540-1090 г-дай болатын жыртқыш құс.* **3.** ауыс. *Ержүрек, өжет адам.*

**Лашын құстай шүйілді**. *Айбаттанды, қаһарланды, кәрін тікті.* **Лашын салып жырғау.** *Құс салып саят құру.*

**ЛАШЫНДАЙ** үст. *Лашын сияқты, лашын секілді.*

**ЛАШЫНША** үст. *Лашын тәрізді, лашын құсап.*

**ЛӘ: лә мәкән** [ар. لامكان]. *Жоқ, емес деген тәрізді болымсыз демеулік, жоқ мекен, ягни Алла тағаланың патшалығы, о дүние.* **Лә журум.** *Әрине, әлбетте, сөзсіз.*

**ЛӘБ** [ир. لب] зат. ескікіт. *Сөйлеген сөз, лебіз.*

**ЛӘББАЙ** [ар. لبى] од. *Құп, мақұл, жақсы.*

**Ләббай,тақсыр**. а) *Құп болады, айтқаның орындалады дегенде қолданылатын, тез келіскенде айтылатын сөз.* ә) этн. *Қазақ жастарының ұлттық ойындарының бірі.*

**ЛӘБЛЕМЕ** [ир. لبلبو] зат. өс. жерг. ***Қызылша.***

**ЛӘБІ** зат. *Ернеуі, жиегі, шеті.*

**ЛӘҒАНАТ** зат. сөйл. ***Лағынет.***

**ЛӘҒІЛ** зат. ескікіт. ***Лағыл.***

**ЛӘЗЗАТ** [ар. لذة] зат. **1.** *Жан рақаты; рухани қанағат.* **2.** *Ләззаттанушылық, тәнін қанағаттандырушылық.* **3.** *Жақсылық, тәтті сөз, қылық.* **4.** *Сезім, алып-ұшқан көңіл.* **5.** *Ықылас, ниет, көңіл.*

**Ләззат алды [тапты].** а) *Рақаттанды, тән сезімін қанағаттандырды, құмары қанды.* ә) *Дегеніне жетті, риза болды.* б) *Сүйсінді, әсерленді.* в) *Жан рақатына бөленді, рухани байыды.* **Ләззат татты.** *Тән рақатына батты; жан рақатына батты.* **Ләззаты кетті**. *Қызығы азайды, сәні кетті.*

**ЛӘЗЗАТҚҰМАР** сын. *Бір нәрседен ләззат алуға ынтық, құмарпаз адам.*

**ЛӘЗЗАТТАН=** ет. *Рақат табу, сүйсіну.*

**ЛӘЗЗАТТАНДЫР=** ет. *Рақаттандыру, сүйсіндіру.*

**ЛӘЗЗАТТАНДЫРУ** *Ләззаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЛӘЗЗАТТАНУ** *Ләззаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ЛӘЗЗАТТЫ** сын. *Ләззат аларлық, сүйсінерліктей.*

**ЛӘЗЗӘТ** зат. көне. ***Ләззат.***

**Ләззәт алды [тапты].** *Рақаттанды, сүйсінді.*

**ЛӘЗЗӘТТІ** сын. көне. ***Ләззатты.***

**ЛӘЗІМ** мод. сөйл. ***Лазым.***

**ЛӘЙКЕ** зат. жерг. *Қайықтың ішіне жиналған суды төгетін ыдыс.*

**ЛӘЙЛӘГҮЛ** зат. өс.сөйл. *Сабағы түкті, жапырақтары түрлі түсті, өте әдемі, гүлі майда түсі – қызыл, қызғылт хош иісті.*

**ЛӘЙЛЕК**[1] зат. зоол. ***Құтан*** *(сидам сирақты құстар отрядына жататын жыл құсы).*

**ЛӘЙЛЕК**[2] зат. өс.сөйл. ***Ләйлекшөп.***

**ЛӘЙЛЕКШӨП** зат. өс. сөйл. *Сабағы тал-тал болып біткен. таулы жерде өсетін, майда жапырақты, әдемі шөп.*

**ЛӘЙЛУ** *Ләйлі етістігінің қимыл атауы.*

**ЛӘЙЛІ** зат. өс. сөйл. *Құлқайырдың бір түрі (көрік беру үшін отырғызылатын гүлдері әртүрлі құлқайыр тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік).*

**ЛӘЙЛІ=** ет. **1.** *Басы ауған жаққа лағып, бос жүру.* **2.** ауыс. *Басы айналу, өзге шаруаны қуып кету.* **3.** ауыс. *Арақ ішіп, мас болу, теңселу.*

**Ләйліп отыр**. экспр. мысқыл. *Жағасы жайлауға кетіп, мас болып отыр.*

**ЛӘЙЛІК: ләйлік нар**. *Жалғыз өркеші артына таман біткен, жіңішке денелі, шудасы, суық пен ыстыққа шыдамсыз, бурасы кісі алатын (кісіге қарай шабады, жүгіреді, айбат қылады, кейде бауырына басып өлтіреді, жарақаттайды) нар.*

**ЛӘЙЛІТ**= ет. **1.** *Шаруа істемей кету, не бос жүру, соған себепкер болу.* **2.** *Арақ ішкізу, мас қылу.*

**ЛӘЙЛІТУ** *Ләйліт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛӘЙІМ** үст. сөйл. ***Лайым.***

**Ләйім, айтқаның келсін!** *Біреуге ризалық білдіріп, дегенің болсын деген мағынадағы алғыс (бұл фразаның алдынан, кей уақыт артынан «аузыңа май» тәрізді тіркес те қосылып айтыла береді).*

**ЛӘКИН** шыл. ескікіт. *Бірақ, бірақ та, дегенмен, алайда.*

**ЛӘКІН** шыл. ескікіт. ***Ләкин.***

**ЛӘМ** зат. *Араб әліпбиіндегі «л» әрпінің айтылуы.*

**ЛӘМ**: **ләм демеді**. *Үндемеді, жұмған аузын ашпады, бір ауыз сөз айтпады.* **Ләм деп тіл қатыспады [ләм мим демеді].** *Үндемеді, жауап қатпады, бір ауыз сөз айтпады.*

**ЛӘМБЕК** зат. өс. жерг. *Шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**ЛӘМБӨК** зат. *Сырткиімдік, судыраған жылтыр қара мата.*

**ЛӘМБҮК** зат. сөйл. ***Ләмбөк.***

**ЛӘМКЕ** [ор. лямка] зат. сөйл. *Иыққа киіп, ау тартатын қайыс, кендір бау.*

**ЛӘМ-МИМ**: **ләм-мим демеді.** *Тіс жарып сөз қатпады, жұмған аузын ашпады; үндемеді.*

**ЛӘНЕТ** зат. сөйл. ***Лағнет.***

**ЛӘҢГІ** зат. ойын. *Қорғасынды теріге тігіп немесе жапсырып, аяқпен теуіп ойнайтын балалар ойыны.*

**ЛӘҢКЕ** [ир. لنگ] зат. *Сырт киімдік қалыңдау матаның бір түрі.*

**ЛӘП** зат. ескікіт. ***Сөз.***

**ЛӘПЕС** зат. ескікіт. ***Лебіз.***

**ЛӘПКЕ** [ор. лавка] зат. сөйл. *Ұсақ-түйек сауда, күнделік ті қажет заттар сатылатын шағын дүкен.*

**ЛӘП-ЛӘП** од. жерг. *Қазды жемге шақырғанда айтылатын сөз.*

**ЛӘПЛІК** зат. көне. *Жылқы төлінің құлыны.*

**ЛӘПСІ** зат. сөйл. ***Нәпсі.***

**Ләпсіңді тый.** *Нәпсіңді тый.*

**ЛӘСКЕР** зат. сөйл. ***Әскер.***

**ЛӘСТІК** [ағыл. lasting] зат. *Әдетте сырт киімнің астары, көрпелік ретінде көп қолданылатын, жылтыр мақта матаның бір сорты.*

**ЛӘТ** зат. *Айып боларлық кінә, қылмыс.*

**ЛӘТ-МАНАТ** зат. жерг. ***Тиын-тебен.***

**ЛӘТТЕ** зат. *Сәуле, нұр.*

**ЛӘУҚИ** сын. *Есалаң, нақұрыс.*

**ЛӘУЛІК** зат. *Асыл тастың түрі.*

**Ләулік тәж.** *Асыл тастармен өрнектелген тәж.*

**ЛӘУТЕ**[1] зат. көне. *Мүйізден жасалған шаштарақ.*

**ЛӘУТЕ**[2] зат. ескікіт. муз. *Көне музыка аспабы.*

**ЛӘХІТ** зат. сөйл. ***Лақат.***

**ЛӘШКЕР** [ир. لشكر] зат. көне. *Сарбаз, қол, әскер.*

**ЛЕБЕДКА** зат. тех. *Ауыр жүк көтеретін тетік.*

**ЛЕБЕДКАШЫ** зат. *Лебедка тетігін іске қосушы адам.*

**ЛЕБІЗ** зат. **1.** *Сөйленген сөз, лепес.* **2.** *Үн, дауыс.* **3.** лингв. *Айтылым, сөйлеу мағынасында.* **4.** ауыс. *Ант, серт, уәде.* **5.** ауыс. *Махаббат, сезім.* **6.** ауыс. *Жанға жайлы жаймашуақ ауа райы туралы.*

**Лебіз ашты**. *Сөйледі, тілге келді.* **Лебіз білдірді**. *Пікір айтты, ойын ортаға салды, сөйледі.* **Лебізіне бекем**. *Сөзінде тұратын, айтқан сөзін, берген уәдесін орындайтын (адам).* **Лебізін естіді**. *Сөзін тыңдады.* **Лебізін шашты**. *Жақсы сөзін таратты.*

**ЛЕБІЗДЕС =** ет. *Өзара пікірлесу, сөйлесу.*

**ЛЕБІЗДЕСУ** *Лебіздес етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕБІЗХАТ** зат. сөйл. *Ашықхат.*

**ЛЕБІЗДІ** сын. *Лебізбен, қарқынды айтылған.*

**ЛЕВ** зат. экон. *100 стотинкке тең Болгарияның ақша бірлігі.*

**ЛЕВАНТИН** зат. *Қиғаштап тоқылған жібек мата.*

**ЛЕВИАФАН** зат. **1.** діни. *Тәуратта айтылатын теңіз құбыжығы.* **2.** кіт. *Алып тұрқымен, күшімен қайран қалдыратын нәрсе.*

**ЛЕВКАС** зат. *Желімен араластырылған альбастр немесе бор.*

**ЛЕВУЛЁЗА** зат. хим. *Жемісті, балда, гүл шіркесінде болатын көмірсу.*

**ЛЕВОМИЦИТИН** зат. фарм. *Дизентерия, паратив т.б. жұқпалы ауруларды емдеуде қолданылатын антибиотиктік препарат.*

**ЛЕГАЛИЗАЦИЯ** [лат. legalis] зат. экон. *Ұйымның, мекеменің қызметіне рұқсат ету, оны заңдастыру, құжаттардағы қолдың шын екенін растап, бекіту; ресмилендіру.*

**ЛЕГАЛИЗМ** зат. қоғ. *Моральдық нормаларға сырттай ғана үйлесетін, шын мәнінде оған керегар мінез-құлық.*

**ЛЕГАТ** зат. **1.** *Ежелгі Римде саяси тапсырмаларды орындайтын сенат елшісі.* **2.** дипл. *Рим папасының дипломатиялық өкілі.*

**ЛЕГАТО** [итал. legato] зат. муз. *Музыканы бір дыбыстан екінші дыбысқа үзіліссіз ұласу арқылы өзара байланысын үзбей орындау; нотаға қойылатын белгі.*

**ЛЕГГОРН** [итал. leghorn] зат. зоол. *Көп жұмыртқалайтын ақ тауық тұқымы.*

**ЛЕГЕН** [ир. لگن] зат. **1.** *Қол жуатын жеңіл шылапшын.* **2.** жерг. *Ет, палау, тағы басқа тағам салатын табақ.*

**ЛЕГИОН** [лат. legio] зат. әск. **1.** тар. *Ежелгі Римде ең үлкен әскери бөлім.* **2.** *Кейбір елдердегі ерекше әскери бөлім.*

**ЛЕГИОНЕР** зат. **1.** әск. *Жалдап алынатын арнайы әскери жасақтар.* **2.** спорт. *Спорт командаларында басқа команда үшін ойнайтын шетелдік спортшы.*

**ЛЕГИРЛЕУ=** ет. *Металл құймалардың құрамына балқыған күйінде легирлеуіш элементтерді қосу.*

**ЛЕГИРЛЕУШІ: легирлеуші элементтер**. *Қорытпаға белгілі бір қасиеттер дарыту үшін оның құрамына енгізілетін химиялық элементтер, негізінен металдар.*

**ЛЕГИСЛАТУРА** [лат. lex – заң, latus – енгізілген] зат. заң. *Заң шығаратын үкіметтің*

*немесе сайланбалы қызмет иесінің уәкілдік мерзімі.*

**ЛЕГИТИМДІЛІК** [лат. legitimus] зат. заң. *Қандай да бір құқықтың немесе өкілеттіктің заңдылығын мойындау, қуаттау, заңды деп тану және оның заңдылығын растайтын құжаттар.*

**ЛЕГИТИМИЗМ** зат. қоғ.-саяси. *XIX ғ. мен XX ғ. басындағы Батыс Еуропада мемлекетті мұрагерлік жолмен басқаруды қолдаған саяси бағыт.*

**ЛЕГИТИМИСТ** зат. қоғ.-саяси. *Легитимизмді жақтаушы, монархияшыл.*

**ЛЕДЕБУРИТ** зат. геол. *Теміркөміртекті құймалардың құрылымдық құрастырушысы аустенит пен цементиттің эвтектикалық қоспасы.*

**ЛЕДОКОЛ** ор. зат. ***Мұзжарғыш.***

**ЛЕЗ** үст. сөйл. ***Лезде***.

**Лез болмай**. ***Лезде***. **Лездің арасында**. *Сол екі ортада, демде.*

**ЛЕЗГИН** зат. **1.** *Оңтүстік-шығыс Дағыстанда, Әзірбайжан Республикасының Дағыстанмен көршілес аудандарында тұратын еуропалық нәсілдің Балкан-кавказ тобына жататын ұлт.* **2.** *Осы ұлттың өкілі.*

**ЛЕЗГИНКА** зат. *Лезгиндердің халық биі.*

**ЛЕЗДЕ** үст. **1.** *Тез, жылдам, шапшаң.* **2.** *Көзді ашып-жұмғанша, әне-міне дегенше, қысқа уақыт ішінде.* **3.** *Аяқ астынан, табан астында.* **4.** *Бірден, демде.* **5.** *Көп күттірмей, ұзаққа созбай.*

**ЛЕЗДЕМЕ** зат. **1.** *Күнбе-күнгі тығыз шаруаларды шешу үшін өткізілетін қысқа жиналыс.* **2.** әск. *Офицерлік құрамды тактика және оперативтік өнер бойынша дайындау түрі.*

**ЛЕЗДЕТКІШ** зат. *Тамақты тез пісіруге арналған ерекше құрылмалы кәстрөл.*

**ЛЕЗДІК** зат. *Жылдамдық, шапшаңдық, тездік.*

**Лездік жарылыс**. кен. *Бірнеше оқтамнан тұратын бір топ оқтамның бір мезгілде лезде қоздырылу үдерісі.*

**ЛЕЙ** [рум. leu] зат. *100 банға бөлінетін Молдавияның, Румынияның ақша бірлігі.*

**ЛЕЙБ-ГВАРДИЯ** [нем. Leibgarde] зат. көне. *Бірсыпыра монархиялық мемлекеттерде ерекше жағдайларда пайдаланатын әскер.*

**ЛЕЙБОРИСТ** [ағыл. labourite] зат. саяси. тар. *Саясатта реформашылдық бағытқа қосылатын ағылшын жұмысшы партиясының мүшесі.*

**ЛЕЙБОРИСТІК** сын. *Лейбористке тән, соған қатысты.*

**ЛЕЙКЕМИЯ** зат. мед. *Қандағы лейкоциттердің күрт көбеюінен болатын ауру.*

**ЛЕЙКОЗ** [грек. leukos] зат. мед. *Қан құрамындағы эритроциттердің азаюынан болатын ауру; қанның ағаруы.*

**ЛЕЙКОКСЕН** [грек. leukos – ақ, xenos – бөтен] зат. геол. *Туынды Ti-минералдар мен Fe гидроксидтерінің топырақ тәрізді агрегаттарының ильменит, сфен, титано-магнетит бойынша псевдоморфозасы.*

**ЛЕЙКОҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Сілтілік ортада бояғыштарды тотықсыздандырғанда түзілетін, тотықтырғанда бастапқы бояғыштарға айналатын ерімтал өнімдер.*

**ЛЕЙКОМА** [грек. leukoma] зат. мед. *Көзді шел басып, көру қызметін төмендетуі; ноғала, көзсүйел деп аталатын көз ауруының түрі.*

**ЛЕЙКОМИЯ** зат. мед. ***Лейкоз***.

**ЛЕЙКОПЕНИЯ** [грек. leukos – ақ, penia – кедейлік] зат. мед. *Қан құрамындағы лейкоциттердің, не олардың жеке түрлерінің азаюы; лейкоцит түзілуінің (лейкопоэз) бұзылуынан, лейкоциттердің ыдырауынан пайда болатын дерт.*

**ЛЕЙКОПЛАСТЫРЬ** зат. мед. *Бір бетінде дәрілік қоспасы бар жарақатқа жапсыратын зат.*

**ЛЕЙКОПОЭЗ** [лат. leucocytopoesis] зат. мед. *Қан жасау мүшелеріндегі лейкоциттердің түзілу үдерісі.*

**ЛЕЙКОСАПФИР** зат. геол. *Минерал, түссіз мөлдір корунд, асыл тас.*

**ЛЕЙКОЦИТ** [грек. leucos – ақ, kytos – жасуша] зат. анат. *Қанның ірі ядролы, белсенді қозғалатын түссіз жасушалары, ақ түйіршіктері.*

**ЛЕЙСТЕР** зат. геол. *Таужыныс құрамындағы кейбір минералдардың таяқшаларға немесе енсіз тақташаларға ұқсас даралану пішіні.*

**ЛЕЙТЕНАНТ** [франц. lieutenant] зат. әск. **1.** *Әскери адамдар мен өкімет орындарында істейтін кейбір қызметкерлерге берілетін орта дәрежелі офицерлік атақ, шен.* **2.** *Осы атаққа ие әскери адам.*

**ЛЕЙТМОТИВ** [нем. Leitmotiv] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығармалардың өн бойында қайталанып отыратын шығарманың идеялық арқауын құрайтын негізгі әуен, басты сарын.* **2.** әдеб. *Көркем шығармадағы желісін үзбейтін басты пікір, негізгі ой.*

**ЛЕЙЦИТ** [грек. leukos] зат. кен. *Каркас құрылымды алюмосиликаттарға жататын минерал.*

**ЛЕЙШМАНИОЗ** зат. *Иттің, сондай-ақ адамның жұқпалы ауруы.*

**ЛЕЙШМАНИЯ** [лат. leischmania] зат. зоол. *Қарапайымдардың талшықтылар класының кинетопластидалар отрядының бір туысы.*

**ЛЕК**[1] [ир. لک] зат. **1.** *Бірінен соң бірі тізбектелетін топтардың қатары, сап.* **2.** әск. <франц. colonne> *Әскер тобы; колонна.*

**Лек жолы**. әск. *Әскерлердің жолдардан тыс қозғалысы үшін таңдалған және дайындалған жергілікті жердің алқабы.*

**ЛЕК**[2] зат. экон. *100 киндаркамнан тұратын 1947 ж. ендірілген Албанияның ақша бірлігі.*

**ЛЕК=** ет. **1.** *Жосу, жүйтку, екпіндеу, арындау.* **2.** *Үдей түсу, күшею.* **3.** ауыс. *Желпіну, лепіру, есу.*

**ЛЕКАЖ** [нем. Leckage] зат. *Заттың, нәрсенің, тауардың тасымалдауда төгіліп не кеуіп қалып, салмағын азайтуы.*

**ЛЕКАЛО** зат. *Белгілі бір бұйымдарды жасаудағы даяр үлгі.*

**ЛЕКЕР** зат. *Бірдемеге әсері тиетін дәнекер, себеп.*

**ЛЕКЕРЛЕ=** ет. *Дәнекерлеу, жымдастыру.*

**ЛЕКЕРЛЕП** үст. *Ептеп, үнемдеп, илалап.*

**ЛЕКЕРЛЕУ** *Лекерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕКЕШ** зат. ойын. жерг. *Балалар ойынының бір түрі, әйкел.*

**ЛЕКИН** шыл. сөйл. ***Ләкин.***

**ЛЕК-ЛЕГІМЕН** үст. *Топ-тобымен, тізбек-тізбек болып.*

**ЛЕК-ЛЕК** үст. *Тізбек-тізбек, топ-топ.*

**Лек-лекке бөлді**. *Топқа айырды, бірнеше топ етті.*

**ЛЕКСЕМА** [грек. lexis] зат. лингв. *Тұтас бір ұғымға не мағынаға ие сөз, сөз тізбегі; тілдің құрылымдық элементі.*

**ЛЕКСИКА** [грек. lexikos] зат. лингв. *Белгілі бір тілдегі барлық сөздердің жалпы жиынтығы, тілдің сөздік құрамы.*

**ЛЕКСИКАЛАН=** ет. *Өз алдына жеке мағынаға ие болу.*

**ЛЕКСИКАЛАНУ**[1] [грек. lexikos] зат. лингв. *Сөз құрамындағы кейбір морфемалардың немесе сөз тіркестерінің тұрақты сипат алуы нәтижесінде олардың жеке сөзге парапар қолданылу құбылысы.*

**ЛЕКСИКАЛАНУ**[2] *Лексикалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕКСИКАЛЫҚ** сын. лингв. *Белгілі бір тілдің сөз байлығына, лексикасына қатысы барлық, соған тәндік.*

**Лексикалық бірлік**. лингв. *Негізгі мазмұнының сипаты жеке сөздерден көрінетін тілдік бірлік.* **Лексикалық мағына.** лингв. *Зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымының мазмұны.* **Лексикалық тапсырма**. пед. *Вербалды ақпарат есте қалай сақталатынын бағамдау үшін қолданылатын эксперименттік әдістеме.*

**ЛЕКСИКОГРАФ** зат. лингв. *Сөздік жасауға маманданған адам, лексикография маманы.*

**ЛЕКСИКОГРАФИЯ** [грек. lexikos – сөзге қатысты, grapho – жазамын] зат. лингв. *Сөздік жасаудың теориясы мен практикасын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ** зат. лингв. *Лексикографияға тән, лексикографияға байланысты.*

**ЛЕКСИКОЛОГ** зат. лингв. *Тілдің сөздік құрамын, тілдегі сөз байлығын зерттейтін маман.*

**ЛЕКСИКОЛОГИЯ** [грек. lexikos – сөз, сөзге қатысты, logos – ілім] зат. лингв. *Тілдің сөздік құрамы мен сөздік қорын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ЛЕКСИКОН** [грек. lexikon] зат. **1.** *Жеке адам қолданатын сөздер жиынтығы, сөздік қор.* **2.** көне. *Сөздік.*

**ЛЕКТОР** [лат. lector] зат. *Лекция, яғни дәріс оқитын адам.*

**ЛЕКТОРИЙ** [лат. lectorium] зат. **1.** *Көпшілікке лекция оқуды ұйымдастыратын ұйым.* **2.** *Көпшілікке арналған дәріс өткізілетін үй.* **3.** *Тақырыбы жағынан біріктіріліп, тыңдаушылардың белгілі бір тобына арналған дәріс.*

**ЛЕКТОРЛЫҚ** зат. *Лектор болушылық, лекция оқушылық.*

**ЛЕКТІР** зат. көне. *Ескі қамал бұзғыш құрал, қытайдың «дивархан» атты тас атқыш құралының кішкене түрі.*

**ЛЕКЦИЯ** [лат. lectio] зат. *Оқу материалы бойынша немесе белгілі бір тақырыпқа жасалған арнаулы баяндама, дәріс.*

**ЛЕКЦИЯЛЫҚ** сын. *Лекцияға тән, лекция оқу арқылы жүзеге асатын.*

**ЛЕКІЛДЕ=** ет. **1.** *Жүйтку, жосу.* **2.** *Еркіндеу, қарқындау, үдей түсу; күшею.* **3.** ауыс. *Желігу, желпіну; лепіру.*

**ЛЕКІЛДЕК** сын. *Лекілдеген, солқ-солқ еткен.*

**ЛЕКІЛДЕТ=** ет. *Қарқындату, күшейту, үдету.*

**ЛЕКІЛДЕТУ** *Лекілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕКІЛДЕУ** *Лекілде етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕКІН** шыл. сөйл. ***Ләкин.***

**ЛЕКІТ=** ет. **1.** *Екпіндеу, жүйтку.* **2.** *Үдету, күшейту, қарқындату.* **3.** ауыс. *Тоқтаусыз, лекілдете құю.*

**ЛЕКІТПЕ** сын. *Есіп, жүйткіп кететін, төкпе (күй).*

**ЛЕКІТУ** *Лекіт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕММА** [грек. lemma] зат. **1.** *Әртүрлі тұжырымдарды дәлелдеу барысында қолданылатын көмекші сөйлем.* **2.** мат. *Теореманы дәлелдеу үшін қажетті басқа бір теорема.*

**ЛЕММИНГ** [норв. lemming] зат. зоол. ***Алақоржын*** *(Солтүстікті мекендейтін кемірушілер отрядына жататын аң).*

**ЛЕМУР** [лат. lemures] зат. зоол. *Төменгі сатыдағы (жартылай) маймылдар отряды тармағының бір тұқымдасы.*

**ЛЕНД-ЛИЗ** зат. әск. *АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде одақтастарына қару-жарақ, азық-түлік, т.б. көмек беру жүйесі.*

**ЛЕНДЛОРД** [ағыл. landlord] зат. *Фермерлерге жерді жалға беретін ағылшын ірі жер иеленушісі.*

**ЛЕНТА** зат. **1.** ***Таспа*** *(әртүрлі мата, қағаз т.б. материалдан өте жұқа етіп істелген жіңішке таспа тәрізді бұйым).* **2.** *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға әрі ол дыбысты қайта шығаруға арналған арнаулы бұйым.* **3.** ауыс. *Фильм деген мағынада.*

**Лента қию**. ресми. *Жаңа оқу жылын бастау немесе жаңа жұмыс орнының ашылу тұсаукесер салтанатында жасалатын рәсім.*

**ЛЕНТАЛЫ** сын. *Лента байлаған, лента таққан.*

**ЛЕНТАЛЫҚ** сын. *Лента боларлық, лентаға жарарлық.*

**ЛЕОНЕ** зат. экон. *Сьерра-Леоне ақша өлшемі.*

**ЛЕП** зат. **1.** *Луп етіп, ақырын білінген желпу.* **2.** *Самал жел.* **3.** *Үрлегенде, тыныс алғанда шығатын ауа, дем.* **4.** ауыс. *Қызу, жалын, от.* **5.** ауыс. *Заман ағымы.* **6.** ауыс. *Жақсылық хабар, жағымды хабар.* **7.** ауыс. *Бір нәрсенің белгісі, нышаны.* **8.** ауыс. *Серпіліс, серпін.*

**Леп берді.** *Қуаттандырды, әлдендірді; желіктірді.* **Леп белгісі.** лингв. *Лепті сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісі.*

**ЛЕПЕ** зат. жерг. *Жігер, ынта.*

**ЛЕПЕС** [ар. لفظ] зат. *Айтылған сөз, лебіз.*

**Лепес қылды**. *Лебізін білдірді, игі тілек, жақсы ниет білдірді.* **Лепесі қабыл болды**. *Дегені, айтқаны ем болды, айтқаны келді.*

**ЛЕПИДОЗАВРЛАР** [лат. lepidosauria] зат. зоол. *Бауырымен жорғалаушылар класс тармағына жататын қабыршақты кесірткелер.*

**ЛЕПИДОЛИТ** [грек. lepis] зат. кен. *Түсі ашық күлгін, қызғылт, түссіз болып келетін силикаттар класының слюдалар тобына жататын минерал.*

**ЛЕПИДОМЕЛАН** [грек. melanos] зат. хим. *Нефелинді сиениттер мен пегматиттерде кездесетін минерал.*

**ЛЕП-ЛЕЗДЕ** үст. *Әне-міне дегенше, әп-сәтте, тез.*

**ЛЕПМАЙ** зат. жерг. *Керосин.*

**ЛЕПТОСПИРОЗ** [грек. leptos – жіңішке, speira – ирекше, бұрма] зат. мед. *Адамдарда, сүтқоректілерде, құстарда кездесетін тез жұғатын жұқпалы ауру.*

**ЛЕПТІ** сын. *Қарқыны күшті, екпінді.*

**Лепті сөз.** *Рухты көтеру, жігерлендіру мақсатында көтеріңкі нақышпен айтылған жалынды лебіз.* **Лепті сөйлем**. лингв. *Қорқу, қуану, таңдану сияқты ерекше сезімді білдіретін немесе біреуге бір нәрсені бұйыра айтатын сөйлем.*

**ЛЕПТІК** зат. сөйл. *Бюсгальтер, лифчик.*

**ЛЕПТІЛІК** зат. *Көтеріңкі үнділік, екпінділік, қарқындылық.*

**ЛЕПІЛДЕ** = ет. *Алып-ұшып елпілдеу.*

**ЛЕПІЛДЕК**[1] зат. жерг. *Беті ашық, мойынсыз, торсыз, кішкене шам.*

**ЛЕПІЛДЕК**[2] сын. **1.** *Елпілдеген, алып-ұшпа.* **2.** *Екпінді, көтеріңкі, қарқынды.*

**ЛЕПІЛДЕС**= ет. *Алып-ұшып елпілдесу.*

**ЛЕПІЛДЕСУ** *Лепілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕПІЛДЕТ**= ет. *Алып-ұшып елпілдету.*

**ЛЕПІЛДЕТУ** *Лепілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕПІЛДЕУ** *Лепілде етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕПІР=** ет. **1.** *Күпсініп бөсіп сөйлеу, есу.* **2.** ауыс. *Есерсоқтанып құтыру, еліру.* **3.** ауыс. *Қызу, күшею.* **4.** ауыс. *Бұлқыну, буырқану.* **5.** *Көбік шашу, толқу.* **6.** ауыс. *Желігу, желпіну.*

**ЛЕПІРМЕ** сын. *Құр күпсінген бөспе, еспе.*

**ЛЕПІРМЕЛІ** сын. *Босқа есіп кететін, көпірмелі.*

**ЛЕПІРМЕЛІК** зат. *Бөспелік, көпірмелік.*

**ЛЕПІРТ=** ет. **1.** *Күпсініп бөсіп сөйлету, есірту.* **2.** ауыс. *Күшейту, жандандыру, өрістету.* **3.** ауыс. *Жүйткіту, заулату.*

**ЛЕПІРТУ** *Лепірт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЕПІРУ** *Лепір етістігінің қимыл атауы; күпсініп бөсіп сөйлеу, есу.*

**ЛЕПІРІС** зат. *Лепіргендік, көңілі тасығандық.*

**ЛЕР** зат. *Шыны бұйымдарын өртеуге арналған туннельдік муфельді пеш.*

**ЛЕРКА** зат. сөйл. *Сырттай бұранда жонғылауға арналған құрал.*

**ЛЕРЦОЛИТ** зат. геол. *Ромбылы және моноклинді пироксендердің өзгермелі мөлшерінен және оливиннен тұратын, хром-шпинелидтер мен магнетит қоспаларын кіріктіретін ультранегізді таужыныс, перидотиттің бір түрі.*

**ЛЕСКІ** [ор. леска] зат. сөйл. *Қармақ бауы, қармақ жібі.*

**ЛЁСС** [нем. Loss] зат. геол. *Ашық сары түсті, жай көзбен байқалатын нәзік түтікшелері бар, қабаттылық жоқ, әкті, нәзік түйірлі, бөліктегі баған тәрізді жабын түрінде ұшырайтын, жартылай құаң климатта аймақтарға тән алеврит.*

**ЛЕССИРОВКА** зат. көркемөнер. *Төсек қабатпен өңделген кенеп бетіне селдір жұқа бояулармен келтіре отырып қабаттай жазу әдісі.*

**ЛЕЦИТИНДЕР** зат. биол. *Тірі организмдер жасушаларындағы биологиялық жарғақшалар құрамына кіретін, әсіресе жүйке ұлпаларында көп болатын, медицинада жалпы сақайтқыш дәрі ретінде адам әлсірегенде, қан аз болғанда, невроз-да, т.б. қолданылатын күрделі липидтер тобы.*

**ЛЕТАРГИЯ** [грек. lethargia] зат. мед. *Адам ағзасының әлсіреуімен сипатталатын патологиялық күй.*

**ЛЕТАРГИЯЛЫҚ** сын. *Летаргияға тән, летаргияға қатысты.*

**Летаргиялық ұйқы.** *Ұзақ қимылсыз жатқан өлік сияқты аурулы күй.*

**ЛИАНА** [франц. lianes] зат. өс. *Маңындағы ағаш, бұта, басқа заттарға шырмалып, өрмелеп өсетін өсімдік; шырмауықтың бір түрі.*

**ЛИБЕРАЛ** зат. саяс. *Либерализмді жақтаушы, соның жолын қуушы, либерал партиясының мүшесі.*

**ЛИБЕРАЛДЫҚ** зат. *Либералға тән қасиет; ымырашылдық, келісімпаздық. // Либералға тән, либералға қатысты.*

**ЛИБЕРАЛИЗМ** [лат. leberalis] зат. саяс. тар. **1.** *Буржуазиялық бостандықты көксейтін идеологиялық және қоғамдық-саяси ағым.* **2.** ауыс. *Ымырашылдық, жұмсақтық, кешірімділік.*

**ЛИБЕРАЛШЫЛ** сын. *Либерализмді жақтаушы, соның жолын қуушы.*

**ЛИБЕРТИ** зат. *Жалтылдаған, жартылай жібек мата.*

**ЛИБОР** зат. экон. *Лондон банктерінің 1,3,6 және 12 айға беретін несиелері бойынша мөлшерлеме.*

**ЛИБРЕТТО** [итал. libretto] зат. муз. *Музыкалық-драмалық шығармалардың (пьеса, опера, балет) сөз мәтіні немесе қысқаша мазмұны.*

**ЛИБРЕТТОШЫ** зат. муз. *Музыкалы драмалық шығарманың сөзін жазушы.*

**ЛИВЕР** зат. *Сұйық затты сорып құятын, ортасы жуын түтік.*

**ЛИВР** зат. **1.** *Орта ғасырлардағы француз ақша өлшемі.* **2.** *Шамамен 0,5 кг болатын француздың ежелгі салмақ өлшемі.*

**ЛИВРЕЯ** зат. *Швейцар, малайлар киетін зерлі киім.*

**ЛИГА**[1] [лат. ligare] зат. *Одақ, бірлестік.*

**ЛИГА**[2] [итал. liga] зат. муз. *Нота жазуында доға тәрізді сызықшамен (∩ үсті, U асты) қолданылатын шартты белгі.*

**ЛИГА**[3] [ағыл. league] зат. *Ұлыбритания мен АҚШ-тағы ұзындық өлшемі.*

**ЛИГАТУРА**[1] [лат. ligatura] зат. лингв. *Жазу жүйесіндегі екі графеманың қосылған құрамы немесе транскрипциялық таңба.*

**ЛИГАТУРА**[2] зат. тех. *Беріктігін арттыру үшін алтынға, күміске қосқан мыс немесе қалайы қоспасы.*

**ЛИГАТУРА**[3] зат. мед. *Операция кезінде қан тамырларын байлайтын жібек не капрон жіп.*

**ЛИГНИН** [лат. lignum] зат. **1.** биол. *Түтікті өсімдіктер жасушаларында кездесетін күрделі полимерлі қосылыс.* **2.** ф а р м. *Бұрын жараны байлауға пайланылған, ағаштан жасалған мақта.*

**Лигнин конденсациясы.** хим. *Қайнатқыш ерітіндіде лигниннің еру қабілетін жойып жіберетін химиялық реакция.*

**ЛИГНИТ** [лат. lignum (ligni)] зат. кен. **1.** *Құрамында 65-71% көміртек бар, ағаш құрылымы жақсы сақталған, сапасы төмен қоңыр көмірдің бір түрі.* **2.** *Ыдырап үлгермеген ағаш қалдықтарын көптеп кіріктіретін қоңыр көмірлер (көбінесе кайнозой эрасында қалыптасқандары).*

**ЛИГРОИН** зат. кен. *Дизель отыны, сырбояулар өнеркәсіптерінде еріткіш ретінде, т.б. қолданылатын, қайнау температурасы 120–2400 С аралығында болатын мұнайды айдау фракциясы; сұйық көмірсутектерден құралған қоспа, сарғылт түсті сұйықтық.*

**ЛИДЕР** [ағыл. leader] зат. **1.** *Қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға, көшбасшы.* **2.** спорт. *Жарыстың бірінші орнында келе жатқан спортшы немесе команда.*

**ЛИДЕРЛІК** сын. *Көшбасшыға тән, лидерге қатысты.*

**ЛИДИТ** зат. кен. *Құрамы аздаған саз қосындылары, өте майда шашыранды көміртекті заттар мен битумнан тұратын, түсі қара, тығыз кремнилік тау жынысы.*

**ЛИЗИМЕТР** [грек. kysis] зат. сушар. *Жер бетіндегі грунттопыраққа сіңетін су мөлшерін өлшейтін аспап.*

**ЛИЗИН** [грек. lysis] зат. хим. *Алмастырылмайтын амин қышқылы.*

**ЛИЗИНГ** [ағыл. leasing] зат. экон. *Заңды немесе жеке тұлғаның еңбек құралдарын сатып алу орнына басқа біреудің мүлкін пайдалануы; ұзақ пайдалануға тауар түрінде несие беру нысандарының бірі.*

**ЛИЗИНГТІК** сын. экон. *Лизингпен байланысты, лизингке алынған.*

**ЛИМИТ** зат. экон. *Сатып алуға, сатуға, кредитке, мәміленің көлеміне, тауарлардан әкелімі мен әкетіліміне, пайдалы қазбаларды қазып алуға, табиғи ресурстарды пайдалануға, еңбекақы деңгейіне, валюталық операцияларға, т.б. белгіленетін мөлшерлік шектеу.*

**ЛИМИТТЕ=** ет. *Бір нәрсеге лимит белгілеу, шектеу.*

**ЛИМИТТЕУ** *Лимитте етістігінің қимыл атауы.*

**ЛИМИТТІ** сын. *Шек қойылған, шектелген.*

**ЛИМНОЛОГ** *зат. сушар.* *Лимнология маманы.*

**ЛИМНОЛОГИЯ** [грек. limne – көл, logos – сөз, ілім] зат. сушар. *Су алмасуы баяу жүретін континенттік суқоймаларды (көлдер, бөгендер) және олардағы физикалық, химиялық және биологиялық процестердің бүкіл кешенін зерттейтін гидрологияның бір тарауы.*

**ЛИМОН** [ир. limun] зат. өс. **1.** *Мәңгі жасыл түсті цитрус тектес руталар тұқымдасына жататын жеміс ағашы.* **2.** *Осы ағаштың қабығы қалың, дәмі қышқыл, сары түсті, хош иісті жемісі.*

**Лимон қышқылы**. хим. *Суда жақсы еритін үш негізді органикалық қышқыл.*

**ЛИМОНАД** [франц. limonade] зат. *Лимон немесе басқа жемістердің шырынынан жасалған салқын сусын.*

**ЛИМОНИТ** [грек. leimon] зат. геол. *Қоңыр қошқыл, қоңыр, қара түсті, жер бетінде, жер бетіне таяу жағдайларда сульфидті кендердің тотығу аймақтарында түзілетін минерал.*

**ЛИМОНШӨП** зат. өс.сөйл. **Ақжалбыз.**

**ЛИМУЗИН** [франц. limoasine] зат. көлік. *Шетелде шыққан, тұрқы ұзынша болып келетін, мәртебелі жеңіл автокөлік.*

**ЛИМФА** [лат. lympha] зат. анат. *Адам мен жануарлар ағзасында болатын түссіз сұйықтық.*

**Лимфа қылтамырлары**. анат. *Пішіні саусақ тәрізді тұйық басталатын, тым жұқа қабырғалы лимфа тамырлар жүйесінің басталар бөлігі.* **Лимфа түйіндері**. анат. *Пішіні дөңгелек немесе сопақша келген, лимфа тамырларының*

*бойында орналасқан, лимфоциттер түзілу процесі жүретін шеткі қантүзу мүшесі.*

**ЛИМФАДЕНИТ** з а т. м е д. *Лимфа бездерінің ауруы.*

**ЛИМФАНГОИТ** з а т. м е д. *Стафилококк, стрептококк сияқты іріңдеткіш микробтардың енуінен болатын сөл тамырларының қабынуы.*

**ЛИМФОНОДУЛИТ** з а т. *Сөл бездерінің қабынуы.*

**ЛИМФОЦИТОЗ** з а т. *Ақ қан түйіршектерінің бір тобы лимфоциттердің шектен тыс көбеюі.*

**ЛИМФОЭКСТРАВАЗАТ** з а т. *Терінің шелден айырылып кетуі салдарынан оның астына сөл жиналу үрдісі.*

**ЛИНГАФОН** [лат. lingua – тіл, грек. phone – дыбыс] з а т. *Тіл дыбыстарын жазатын аппарат.*

**ЛИНГВАФРАНКА** [итал. lingua franca] з а т. л и н г в. *Шектеулі әлеуметтік салаларда әртүрлі тілде сөйлеушілер қолданатын тілдердің шартты атауы.*

**ЛИНГВИСТ** з а т. ***Тілші*** (*тіл заңдылықтарын зерттеуші маман*).

**ЛИНГВИСТИКА** [франц. linquistigue] з а т. ***Тіл білімі*** (*ғылымның тіл заңдылықтарын қарастыратын саласы*).

**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ** с ы н. *Лингвистикаға қатысты, лингвистикаға тән.*

**Лингвистикалық әдіс.** *Тіл ғылымында қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы, жүйесі.* **Лингвистикалық география.** л и н г в. *Тілдік құбылыстардың аумақтық таралуын зерттейтін тіл білімінің саласы.* **Лингвистикалық сөздік**. л и н г в. *Әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат ететін, мағыналары, шығу тегі, олардың қолданылуы мен жазылу нормаларын көрсететін сөздік.* **Лингвистикалық палеонтология.** л и н г в. *Бағзы замандардан жеткен, тарихта сақталған тілдің ең көне бөліктерін анықтайтын тілдік зерттеулердің жиынтығы.* **Лингвистикалық статистика**. л и н г в. ***Лингвостатистика.*** **Лингвистикалық терминдер сөздігі**. л и н г в. ***Тіл білімі сөздігі*** *(тіл білімі терминдерін қамтып, олардың түсінігін беретін сөздік).* **Лингвистикалық философия.** ф и л о с. *Табиғи тілді ғылыми тәсілдердің көмегі арқылы талдауды мақсат тұтатын философияның бір бағыты.*

**ЛИНГВОАРХЕОЛОГИЯ** з а т. л и н г в. *Тіл білімінің археологиямен байланысты зерттеу жүргізетін саласы.*

**ЛИНГВОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Лингвоархеологияға қатысты, лингвоархеологиямен байланысты.*

**ЛИНГВОДИДАКТИКА** з а т. п е д. *Тілді оқытудың жалпы теориясы.*

**ЛИНГВОКОНЦЕПТОЛОГИЯ** з а т. л и н г в. *Тіл білімінде тіл мен адам танымы қатынасын зерттейтін ғылым.*

**ЛИНВОМӘДЕНИЕТТАНУ** з а т. л и н г в. *Тілдік таңбалардағы мәдени-ұлттық компоненттерді зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ЛИНГВОМӘДЕНИ** с ы н. *Лингвомәдениеттануға қатысты.*

**ЛИНГВОСТАТИСТИКА** з а т. л и н г в. *Тілдегі құбылыстарды математика ғылымының сандық заңдылықтарына сүйене отырып, статистикалық әдістермен қарастыратын тіл білімінің саласы.*

**ЛИНГВОСТИЛИСТИКА** з а т. л и н г в. *Сөздің қолданылу заңдылықтары мен тілдің стильдік тармақтарын тіл білімінде зерттейтін саласы.*

**ЛИНЗА** [нем. Linse] з а т. *Екі жағы да жарық сәулесін сындыратын оптикалық әйнек.*

**ЛИНИМЕНТ** з а т. х и м. *Скипидар сияқты заттарға араластыру арқылы әзірленетін сұйық сүртпе май.*

**ЛИНКОР** з а т. ә с к. *Қару-жарақпен жасақталған, үлкен соғыс кемесі.*

**ЛИНОГРАВЮРА** [лат. linum – зығыр, каздеме, oleum – май; грек. grapho – жазамын] з а т. *Линолеум немесе сол тектес материалға салынатын бедерлі өрнек, сурет.*

**ЛИНОЛ** з а т. *Медицинада тері ауруларын емдеуге қолданылатын, зығыр майының май қышқылдары метил эфирлерінің қоспасы.*

**ЛИНОЛЕУМ** [лат. linum – зығыр, кездеме oleum – май] з а т. қ ұ р. *Су өткізбеу үшін еден үстіне жайылатын қатты қалың төсеніш.*

**ЛИНОТИП** [лат. linea – сызық, грек. typos – таңба із] з а т. т е х. *Бүтін бір жолды бір-ақ құятын типографиялық әріп теру мәшинесі.*

**ЛИОФИЛИЗАЦИЯ** з а т. х и м. *Еріткішті вакуумда буландыру жолымен тоңазытылған ерітінділерден ерітілген заттарды концентрациялау немесе бөліп алу әдісі.*

**ЛИОФИЛЬДІК** ф и з. *Физикалық дененің сұйық ортада еріп немесе ісініп, онымен әрекеттесу қабілеттігі.*

**ЛИОФОБТЫҚ** з а т. ф и з. *Физикалық дененің сұйық ортада ылғалдану, еру немесе ісіну қабілеттігінің іс жүзінде жоқтығы.*

**ЛИПАЗА** з а т. *Майды глицерин және май қышқылы сатыларына дейін ыдырататын фермент.*

**ЛИПАРИТ** з а т. г е о л. *Қышқыл құрамды эффузиялық магмалық таужыныс.*

**ЛИПАРИТ-ДАЦИТ** з а т. к е н. *Таужыныс, делленииттің синонимі.*

**ЛИПЕМИЯ** з а т. *Қан құрамында майдың шамадан тыс көп болуы.*

**ЛИПИДТЕР** з а т. х и м. *Жасушаларда глюкозадан синтезделетін, қоректік зат ретінде медицинада, т.б. салаларда қолданылатын, майлар, майлы қышқылдары немесе стериндері бар табиғи қосылыстар; барлық тірі организмнің жасушаларында болатын биологиялық өте қажетті заттар.*

**ЛИПОГРАММА** [грек. leipo – бас тарту, gramma – әріп] з а т. ә д е б. *Бір немесе бірнеше дыбысты қолданбай жазылған мәтін.*

**ЛИПОИДТАР** з а т. х и м. *Май тәрізді, лецитин, кефалин, холестерин секілді заттар.*

**ЛИПОПРОТЕИНДЕР** з а т. х и м. *Ерекше нәруызды липидтер кешендері.*

**ЛИПТОСТИРОЗ** з а т. в е т. *Шошқа, ірі қара, жылқы, түйе, ит, терісі бағалы аң, жабайы сүтқоректі аңдар және адамда ұшырайтын жұқпалы ауру.*

**ЛИПСИ** з а т. х о р е о г р. *Көпшілік болып билейтін бидің бір түрі.*

**ЛИРА**[1] [грек. lyra] з а т. м у з. к ө н е. *Көне дәуірдегі музыкалық ішекті аспап.*

**ЛИРА**[2] [итал. lira] з а т. э к о н. **1.** *Италияның ақша өлшемі.* **2.** *Түркияның ақша бірлігі.*

**ЛИРИЗМ** з а т. ә д е б. *Нәзік сезімге толы көңіл күйі.*

**ЛИРИК** з а т. ә д е б. *Лирикалық жанрда жазатын сыршыл ақын.*

**ЛИРИКА** [грек. lyrikos] з а т. **1.** ә д е б. *Ақынның нәзік сезімін, көңіл күйін суреттейтін поэзия түрі, көркем әдебиет жанрының бірі.* **2.** а у ы с. *Сыршылдық, нәзік сезім.*

**ЛИРИКАЛЫ** с ы н. ***Лирикалық***.

**ЛИРИКАЛЫҚ** с ы н. *Нәзік сезімге толы, сыршыл.*

**Лирикалық әндер.** *Адамның ішкі тебіренісі, терең сүйіспеншілік сезіміне құрылған әндер.* **Лирикалық проза.** ә д е б. *Автордың көңіл күйі, сезім әсері негізінде жазылған прозалық шығармалар.* **Лирикалық шегініс.** ә д е б. *Әдеби шығармада (мысалы, поэмада, не романда) уақиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы немесе өзінің көңіліндегі басқа бір нәрсені айтып беру; негізгі уақиғаға тікелей қатысы бола қоймайтын әдеби шығармадағы көркемдік тәсіл.* **Лирикалық шығарма**. ә д е б. *Автордың көңіл күйі, сезім әсері негізінде жазылған шығармалар (поэзия, проза, драма т.б.) жиынтығы.*

**ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ** с ы н. ә д е б. *Эпостық шығармалардың жиынтығына тән.*

**ЛИРО-ЭПОС** з а т. ә д е б. *Эпостық және лирикалық суреттеу әдісі астасып келетін, өлеңмен жазылған шығармалар.*

**ЛИРО-ЭПОСТЫҚ** с ы н. ә д е б. *Лиро-эпикалық шығармаларға тән.*

**Лиро-эпостық жырлар**. ә д е б. *Лирикалық әрі эпикалық шығарма; ғашықтық жырлар.*

**ЛИСТИНГ** [ағылш. list] з а т. э к о н. *Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасындағы немесе бағалы қағаздардың басқа да ұйымдастырылған рыноктарындағы саудаға жіберу ережелері.*

**ЛИСТОВКА** з а т. с а я с и. ***Үндеухат***.

**ЛИТАВРА** [грек. poly – көп, taurea – дабыл] з а т. м у з. *Оркестр құрамындағы соқпалы музыкалық аспап.*

**ЛИТВАН** з а т. *Литва Республикасының негізгі халқы, ұлт.*

**ЛИТЕР** з а т. *Теміржолда не басқадай қатынас жолдарында тегін не жеңілдікпен жүрт құқығын беретін құжат.*

**ЛИТИЙ** [грек. lithos] з а т. х и м. *Менделеевтің периодтық жүйесінің 1-тобына жататын химиялық элемент, күміс түсті ақ, жеңіл металл.*

**Литий кентастары.** г е о л. *Литий металын және оның қосылыстарын экономикалық тиімді жолмен бөліп алуға мүмкіндік беретін минералдық шикізат.* **Литий қосылыстары**. х и м. *Литий элементі түзетін химиялық қосылыстар.*

**ЛИТИЯ** [грек. litaneia] з а т. д і н и. *Қайтыс болған адамға арнап шіркеуде оқылатын дұға.*

**ЛИТОГЕНЕЗ** [грек. lithos – тас, genesis – пайда болу] з а т. г е о г р. *Шөгінді жыныстардың түзілу және одан өзгеру процестерінің жиынтығы.*

**ЛИТОГРАФИЯ** [грек. lithos – тас, grapho – жазамын] з а т. **1.** *Жайпақ баспаның көне тәсілі және осы тәсілмен түсірілген таңба.* **2.** *Литография әдісімен басатын орын.* **3.** *Литография жолымен салынған сурет.*

**ЛИТОГРАФШЫ** з а т. п о л и г р а ф. *Литография маманы.*

**ЛИТОЛОГИЯ** [грек. lithos – тас, logos – сөз, ілім] з а т. г е о л. *Шөгінді таужыныстарды, олардың химиялық құрамын, құрылысы мен бітімін, орналасу жағдайын және таралу заңдарын зерттейтін ғылым.*

**ЛИТОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Литологияға қатысты, литологияға тән.*

**ЛИТОСФЕРА** [грек. lithos – тас, sphaira – шар] з а т. г е о л. *Жер шарының сыртқы қатты қабаты, қыртысы.*

**ЛИТОТА** [грек. litotes] з а т. ә д е б. *Белгілі бір затты, құбылысты әдеттегісінен гөрі кішірейте суреттеу тәсілі.*

**ЛИТОФАГИЯ** з а т. э к о л. *Адамдар мен жануарлардың биологиялық белсенді минералды заттектермен азықтануы.*

**ЛИТОФИТТЕР** [грек. lithos – тас, phyton – өсімдік] з а т. ө с. *Тастың, жартастың бетінде өсіп жетілетін өсімдіктер.*

**ЛИТР** [франц. litre] з а т. *1000 куб см-ге тең сұйықтықтың мөлшері; сыйымдылық өлшеуіші.*

**ЛИТРАЖ** з а т. *Қандай да бір ыдыстың т.б. литрмен берілген сыйымдылығы.*

**ЛИТРЛІК** с ы н. *Литр боларлық, литрге тең.*

**ЛИТУАНИЗМ** [грек. lithuania] з а т. л и н г. *Литва тілінен енген кірме сөз.*

**ЛИТУРГИЯ** [грек. leiturgia] з а т. д і н и. *Христиан шіркеуіндегі көп да у ы с . ты діни ән айту салты.*

**ЛИТУРГИЯЛЫҚ** с ы н. д і н и. *Литургиямен байланысты, литургияға қатысты.*

**Литургиялық драма.** ә д е б. *Орта ғасырдағы католик дінімен байланысты шіркеулік драма.*

**ЛИФО** [ағылш. last-in-fist-out сөздерінің қысқарған түрі] з а т. э к о н. *Тауар-материалдық құндылықтарды соңғы түскен немесе дайындалған топтаманың бағасы бойынша құндық тұлғада есептеу әдісі.*

**ЛИФТ** [ағыл. lift] зат. тех. *Көп қабатты үйлер мен басқа да орындарда жоғары шығарып, төмен түсіретін жылжымалы құрылғы.*

**ЛИФТЕР** зат. *Лифт жүргізуші адам.*

**ЛИФТШІ** зат. *Лифтіде жұмыс істейтін маман.*

**ЛИХТЕР** зат. [гол. lichter] *Жүк кемесіне тіркеме.*

**ЛИЦЕЙ** [грек. Lykeion] зат. **1.** *Революцияға дейінгі Ресейде дворян балаларына (ер балалар) білім беретін орта және жоғары оқу орны.* **2.** *Орта білім беретін оқу орнының түрі.*

**ЛИЦЕНЗИАР** [лат. licentia] зат. экон. *Лицензиялық келісімде лицензия сатушы тарап ретінде әрекет етуші жеке немесе заңи тұлға, лицензия сатушы.*

**ЛИЦЕНЗИАТ** [лат. licntia] зат. экон. *Лицензиялық келісімде лицензия сатып алушы тарап ретінде әрекет етуші, лицензия алушы.*

**ЛИЦЕНЗИЯ** [лат. licentia] зат. экон. **1.** *Мемлекет орындарының сыртқы сауда шараларын жүргізу үшін беретін рұқсаты, рұқсатнама.* **2.** заң. *Азаматқа немесе заңды тұлғаға белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет жасауға құзырлы мемлекеттік орган беретін рұқсат.* **3.** заң. *Меншік иелеріне патенттермен қорғалатын өнертабыстарды, технологияларды, коммерциялық және басқа да ақпараттарды пайдалану құқығын беру.* **4.** *Атуға тыйым салынған аңдарды аулау сияқты белгілі бір нәрсеге жеңілдетіліп берілетін құқық.*

**ЛИЦЕНЗИЯЛАН=** ет. *Лицензия берілу, рұқсат етілу.*

**ЛИЦЕНЗИЯЛАНУ** экон. *Лицензиялан етістігінің қимыл атауы.*

**ЛИЦЕНЗИЯЛАУ** зат. экон. *Заңды тұлғалардың шаруашылық қызметін әкімшілік реттеу әдісі.*

**ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ** сын. *Лицензиясы бар, лицензия алған.*

**ЛИЦЕНЗИЯСЫЗ** сын. *Лицензиясы жоқ, лицензия алмаған.*

**ЛИЧИНКА** зат. биол. ***Дернәсіл*** *(шақ құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлердің жұмыртқадан пайда болған құрты).*

**ЛОББИ** [ағыл. lobby] зат. саяси. *Жеке тұлғалардың, саяси субъектілер мен ұйымдардың белгілі бір заң жобаларына, қабылданатын шешімдерге ықпал ету мақсатында жасайтын іс-әрекетін білдіретін ұғым.*

**ЛОББИСТЕР** зат. саяси. *Заң шығарушы, заңды орындаушы лауазымды органдардағы қоғамдық күштердің, саяси және әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғайтын және осы мүдделердің өкімет органдары арқылы заңдастырылуын қамтамасыз ететін адамдар тобы.*

**ЛОББИСТІК** сын. саяси. *Лобби немесе лоббиға жататын, лоббиге тән.*

**ЛОБИЯ** [лат. vigna] зат. өс. **1.** *Сабағы шырмауық тәрізді, бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік; фасоль.* **2.** *Осы өсімдіктің бүйрек пішіндес дәні.*

**ЛОБЛУ** *Лоблы етістігінің қимыл атауы; жүрегі айнып, лоқсу.*

**ЛОБЛЫ=** ет. **1.** *Жүрегі айнып, лоқсу.* **2.** ауыс. *Екі ойлы болып толқу, айну.* **3.** ауыс. *Көңілі бұзылу, тынышы кету.* **4.** ауыс. *Аласапыран, астан-кестен болу.*

**ЛОБЛЫҒУ** *Лоблық етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОБЛЫҚ=** ет. сөйл. ***Лоблы*** *(көңілі бұзылу, тынышы кету).*

**ЛОБЛЫТ=** ет. **1.** *Жүрегін айныту, лоқсыту.* **2.** ауыс. *Көңіліне қаяу салу, тынышын кетіру.* **3.** ауыс. *Екі ойлы етіп толқыту, айныту.*

**ЛОБЛЫТУ** *Лоблыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОГАРИФМ** [грек. logos – қатынас, arithmos – сан] зат. мат. *Сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығару амалы.*

**Логарифм сызғышы**. *Сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығаратын құрал.*

**ЛОГАРИФМДЕ=** ет. *Белгілі бір санның логарифмін табу.*

**ЛОГАРИФМДЕУ**[1] зат. мат. *Сандық, алгебралық және т.б. өрнектердің логарифмін табу амалы.*

**ЛОГАРИФМДЕУ**[2] *Логарифмде етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОГАРИФМДІК** сын. *Логарифмге қатысты, логарифмге тән.*

**ЛОГИКА** [грек. logike] зат. **1.** *Ойлаудың салдары мен оның формалары туралы ғылым.* **2.** *Ойлау барысы, ой қорытындысы, қисын.*

**ЛОГИКАЛЫ** сын. *Қисынды, ойлы, жүйелі.*

**ЛОГИКАЛЫҚ** сын. *Логикаға қатысты; ойға қонымды, қисынды.*

**Логикалық екпін.** лингв. *Ой екпіні.* **Логикалық есептеу**. *Логиканың танымдық мәселелерді шешу тәсілі.* **Логикалық заңдар.** *Дұрыс пайымдаудың нормаларын, ережелерін, заңдылықтарын бейнелейтін ұғым.* **Логикалық талдау**. *Пікірлердің, ой қорытындысының логикалық құрылымын айқындайтын формалды логика тәсілі.* **Логикалық шығару.** инф. *<ағыл. reasoning, inference>* а) *Сараптық жүйеде – жаңа білімдер базасында сақталған фактілер мен шығару ережелерінен алынған факт (қорытынды).* ә) *Логикалық дедукция негізінде жатқан дәлелдеудің формальды әдісі.*

**ЛОГИКАСЫЗ** сын. *Қисынсыз, жүйесіз, ойсыз.*

**ЛОГИСТИКА** [ағыл. logistics] зат. **1.** мат. *Логиканы математикалық әдістер арқылы негіздеумен айналысатын математика саласы, математикалық логика.* **2.** филос. *Математика мен логиканы ұқсас деп түсіндіретін идеалистік көзқарас.* **3.** *Материалдық-техникалық қамтамасыздық; материалдық, еңбек, энергетикалық және ақпарат тасқындарының қозғалысы үдерістерін жоспарлау, басқару және бақылау.*

**ЛОГОГРАММА** [грек. logos – сөз, gramma – әріп, таңба] зат. *Бір сөзді не негізді белгілейтін белгі.*

**ЛОГОГРАФИЯ** [грек. logos – сөз, grapho – жазамын] зат. лингв. *Сөзді не морфеманы білдіру үшін таңба белгілерді қолдануға негізделген кез келген жазу жүйесі.*

**ЛОГОГРАФИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Логографияға тән, логографияға қатысты.*

**ЛОГОМЕТР** [грек. logos – қатынас, metron – өлшем] зат. *Электр тоғының күшін өлшейтін аспап.*

**ЛОГОПАТИЯ** [грек. logos – қатынас, pathos –ауру] зат. *Сөздің кез келген бұзылуының жалпы атауы; тұтығу, кекештену, тілін шайнап сөйлеу, кейбір әріптерді дұрыс айтпау т.б.*

**ЛОГОПЕД** зат. *Тіл кемістігін түзеумен шұғылданатын маман.*

**ЛОГОПЕДИЯ** [грек. logos – сөз, ілім; paideia – тәрбиелеу, оқыту] зат. *Сөйлеу кемістіктерін зерттейтін, олардың алдын алу мен емдеудің әдіс-амалдарын талдайтын дефектология саласы.*

**ЛОГОТИП** [грек. logos – сөз, ілім; typos – таңба, із] зат. *Фирманың немесе ұйымның өз тауарын (өнімін, бұйымын) таңбалау үшін ұдайы пайдаланатын тауар белгісі.*

**ЛОДЖИЯ** [итал. loggia] зат. *Ғимарат бөлмесінің бір түрі.*

**ЛОДИНГ** зат. экон. *Банк немесе есептеу үйі есептеуге ұсынылған аударма вакальдердің атаулы құнынан пайыздық және акцептік төлемдерге қосымша ретінде қатер үшін алынатын сыйлық ақы.*

**ЛОКАТОР** [лат. locare] зат. *Дыбыстық не электро-магниттік толқындар арқылы нысанның орнын анықтауға арналған қондырғы.*

**ЛОКАУТ** [ағыл. lockout] зат. экон. *Жұмысшылардың қойып отырған талаптарынан бас тартуға және нашар еңбек жағдайларына келісуге мәжбүр ету мақсатымен кәсіпорындарды жабу және жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығару.*

**ЛОКАУТШЫ** зат. *Локаут жариялаушы.*

**ЛОКО** зат. экон. **1.** *Тауардың бағасы тауардың орналасқан жері бойынша айқындалғанын көрсететін термин.* **2.** *Шетел валютасына немесе бағалы қағаздарға байланысты мәміле.*

**ЛОКАЦИЯ** [грек. locatio] зат. *Объектінің орнын табу, анықтау ісі.*

**ЛОКОМОБИЛЬ** [франц. locomobile] зат. тех. *Түрлі ауылшаруашылық мәшинелерін бу күшімен қозғалысқа келтіретін қондырғы; бу қозғалтқышының айрықша түрі.*

**ЛОКОМОТИВ** [франц. locomotive] зат. тех. *Рельсті жолдармен теміржол вагондарын сүйрейтін мәшине (паровоз, тепловоз, электровоз).*

**ЛОҚЕТЕК** зат. өс. сөйл. *Малдың ішін кептіретін улы өсімдік.*

**ЛОҚҚЫ** зат. сөйл. ***Лоқы.***

**ЛОҚСУ** *Лоқсы етістігінің қимыл атауы. // Ыстық өткеннен, ас қорыту жүйесі қызметінің бұзылуынан, т.б. себептерден болатын жайсыз күй.*

**ЛОҚСЫ=** ет. **1.** *Жүрегі айну, көтерілу; құсқысы келу.* **2.** стиль. ауыс. *Жүрек түкпірінде жатқан ішкі сырын ақтару.*

**ЛОҚСЫҚ** зат. *Жүрегі көтерілгендік, құсқысы келгендік.*

**ЛОҚСЫТ=** ет. *Жүрегін айныту, құстыру.*

**ЛОҚСЫТУ** *Лоқсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОҚЫ** зат. вет. *Мініс көрген жылқы малын ыстықтай отқа қойғандықтан ісіп шығатын қанды ірің, жара.*

**ЛОҚЫ=** ет. *Кернеп келіп, кілт тоқтау.*

**ЛОҚЫЛДА=** ет. *Іште солқылдата жайсыз желу.*

**ЛОҚЫЛДАҚ** сын. *Лоқ-лоқ етіп, іште ауыртатын, желісі жайсыз (ат).*

**ЛОҚЫЛДАТ=** ет. *Іште солқылдата жайсыз желдірту.*

**ЛОҚЫЛДАТУ** *Лоқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОҚЫЛДАУ** *Лоқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛОМ** зат. ***Сүймен*** *(қатты жерді оятын, ұшы сүйір, жуан темір).*

**ЛОМБАРД** зат. *Жеке тұлғаларға кепілдікке мүлік алып, қарыз ақша беретін мекеме, несие орны.*

**ЛОМБАРДТЫҚ** сын. *Ломбардқа қатысты, ломбардпен байланысты.*

**Ломбардтық несие.** экон. *Ломбардтар немесе банктер вексельдерді, бағалы қағаздарды, оңай өткізілетін құндылықтарды, мүлікті, сондай-ақ, тауарлар мен тауар құжаттарын кепілге ала отырып беретін несие.*

**ЛОМБЕР** зат. *Үш кісі ойнайтын карта ойыны.*

**ЛОНГЕТ** [франц. longuette] зат. мед. *Сынған сүйекті қалпына келтіру үшін кигізілетін гипс таңғыш.*

**ЛОНЖЕРОН** [франц. longeron] зат. **1.** *Ұшақтың қанатын берік бекітетін ұзын темір.* **2.** көлік. *Автомобильдің өн бойын тұтастырып берік ұстап тұратын темір.*

**ЛОНҚА** зат. ***Лоқы.***

**ЛОПАРДАЙ** сын. *Дәу, үлкен, зор.*

**ЛОРД** [ағыл. lord] зат. *Ағылшын дворяндарына берілетін ең жоғары атақ (титул) және сол атаққа ие адам.*

**ЛОРНЕТ** [франц. lornette] зат. *Тұтқалы, бүктемелі көзілдірік.*

**ЛОСОСЬ** зат. зоол. <лат. salmo> *Тек қана тұщы суларда ғана көбейетін, уылдырығы қызыл, өте бағалы балық.*

**ЛОСЬОН** [франц. lotion] зат. *Терісі құрғақ бетті сүртіп, тазартып, жұмсартуға арналған хош иісті сұйықтық.*

**ЛОТ**[1] [ағыл. lot] з а т. э к о н. *Аукционға қойылған тауар.*

**ЛОТ**[2] [гол. lood] з а т. *Кеменің үстінде тұрып, теңіздің, өзеннің, көлдің тереңдігін өлшеуге арналған навигациялық аспап.*

**ЛОТ**[3] [нем. Lot] з а т. *Үш мысқалға немесе 12,8 гр тең салмақ өлшеуіші.*

**ЛОТЕРЕЯ** [франц. loterie] з а т. *Әртүрлі зат, ақша ұтып алуға болатын ойын және соның сатып алынған билеті.*

**Лотерея билеті.** *Ақшалай-заттай ұтыс ойынына қатысуға арналған билет.*

**ЛОТО** [франц. loto] з а т. о й ы н. *Нөмірлері бар ағаш кубиктермен соған орай нөмірленген қағаз дестелерін (жолдарын) жауып ойнайтын ойын.*

**ЛОТОС** [грек. lotos] з а т. ө с. ***Шамгүл*** *(жұпар иісті, ақ түсті, ірі гүлі бар су өсімдігі).*

**ЛОЦИЯ** [гол. loodsen] з а т. **1.** *Қайықтар, кемелердің суда жүзуімен байланысты теңіздер, су жолдары, жүзу сапорлары мен жағалауларды зерттейтін ғылым саласы.* **2.** *Теңіздің, көлдің немесе өзеннің сипаттамасын беретін навигациялық құрал.*

**ЛОЦМАН** [гол. loodsman] з а т. *Кеме жүзе алатын жерлерді жақсы білетін жол көрсетуші, жолбасшы.*

**ЛОЦМАНДЫҚ** с ы н. *Лоцманға тән, лоцманмен байланысты.*

**Лоцмандық бот.** *Теңіздегі кемелерді қарсы алып, портқа ертіп кіруге арналған моторлы (не желкенді) ашық катер.*

**ЛӨК** з а т. с ө й л. ***Үлек.***

**ЛӨКЕТ**[1] з а т. *Үлкен жалпақ пышақ.*

**ЛӨКЕТ**[2] з а т. ж е р г. *Соқаның жүзі.*

**ЛӨККЕБАЙ** [ор. легковой] з а т. с ө й л. *Жеңіл мәшине.*

**ЛӨКТІР** [ор. доктор] з а т. с ө й л. ***Дәрігер.***

**ЛӨКІЛДЕ=** е т. с ө й л. ***Лоқылда.***

**ЛУИДОР** [франц. louisdor] з а т. *Көне француз ақшасы.*

**ЛУНАХОД** ор. з а т. т е х. *Ай бетінде зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өздігінен жылжитын автоматты стансы.*

**ЛУПА** [франц. loupe] з а т. *Ұсақ нәрсені үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал; үлкейткіш шыны.*

**ЛҰҒАТ** [ар. لغة] з а т. е с к і к і т. **1.** *Тіл, сөз, сөйлеу мағынасында.* **2.** к ө н е. ***Сөздік.*** **3.** *Кітап, жазба, заң, заңнама мәнінде.*

**ЛҰҒАТТЫ** с ы н. с ө й л. ***Ұлағатты.***

**Лұғатты сөз.** *Өнегелі, ойлы, парасатты сөз.*

**ЛҰҚСАТ** з а т. с ө й л. ***Рұқсат.***

**ЛҰҚСАТСЫЗ** с ы н. с ө й л. ***Рұқсатсыз.***

**ЛҮП: лүп етті.** а) *Жүрек дір етіп, сезе қойды.* ә) *Ақырын ғана леп есті, желпіді.*

**ЛҮП-ЛҮП: жүрегі лүп-лүп соқты [етті].** *Алып-ұшып, үсті-үстіне дүрсілдеді.*

**ЛҮПІ=** е т. с ө й л. ***Лүпілде.***

**ЛҮПІЛ** з а т. *Жүрек қағысының бүлкілі.*

**Лүпіл қақты.** *Жүрек қағысы жиілеп кетті.*

**ЛҮПІЛДЕ=** е т. *Жүрек соғуы жиілеп, бүлкіл қағу.*

**ЛҮПІЛДЕТ=** е т. *Жүрек соғуын жиілету, лүпіл қаққызу.*

**ЛҮПІЛДЕТУ** *Лүпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ЛҮПІЛДЕУ** *Лүпілде етістігінің қимыл атауы; жүрек қағысы жиілеу.*

**ЛЫҚ: лық етті.** *Пәрменде келіп, кенет іркіле қалды.* **Лық тойды.** *Кеңірдегіне келгенше, ыңқия ішіп-жеді.* **Лық тойдырды.** *Әбден ішкізіп-жегізді.* **Лық толды [толтырды].** *Қанасынан асты, мейілдеді.* **Лық толы.** *Аузы-мұрнынан шыққан, көп.*

**ЛЫҚА: лыңа тойды.** с ө й л. *Лық тойды.*

**Лыңа толды [толтырды].** с ө й л. *Лық толды.*

**ЛЫҚИ=** е т. *Мейлінше ішіп-жеп ыңқия тою.*

**ЛЫҚИТ=** е т. *Тойғызу, толтыру, ыңқиту.*

**ЛЫҚИТУ** *Лықит етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚИЫС=** е т. *Жапатармағай мейлінше ішіп-жеу, ыңқиысу.*

**ЛЫҚИЫСУ** *Лықиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚИЮ** *Лықи етістігінің қимыл атауы; ыңқия тою.*

**ЛЫҚ-ЛЫҚ: лық-лық етті.** *Аузы-мұрнынан шықты, сыймай кетті.*

**ЛЫҚСУ** *Лықсы етістігінің қимыл атауы; кернеп келіп, кедергіден аса алмай, қайта ығысу.*

**ЛЫҚСЫ=** е т. **1.** *Кернеп келіп, кедергіден аса алмай, қайта ығысу.* **2.** *Кенет сырғып барып, кілт тоқтау.* **3.** а у ы с. *Бойды кернеп, түйдектеле келу (ой, сезім).* **4.** а у ы с. *Жүйтку, ығысу, көшу, орын а у ы с. тыру.*

**ЛЫҚСЫТ**= е т. **1.** *Лық еткізу.* **2.** *Кенет бос жіберіп қалу.* **3.** а у ы с. *Кернету, толтыру.*

**ЛЫҚСЫТУ** *Лықсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚУ** *Лықы етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚЫ=** е т. с ө й л. **1.** *Лықсу, сырғу.* **2.** *Ернеуіне келу, лық-лық ету.*

**ЛЫҚЫЛ** з а т. *Бастың солқылдап ауруы.*

**ЛЫҚЫЛДА=** е т. **1.** *Босап кету, солқылдау.* **2.** *Шүпілдеп толу, керней түсу.*

**ЛЫҚЫЛДАТ=** е т. *Аузы-мұрнынан шығарып толтыру.*

**ЛЫҚЫЛДАТУ** *Лықылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚЫЛДАУ** *Лықылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫҚЫЛЫҚТАП** ү с т. *Ақырындап, жайлап.*

**ЛЫҚЫТ=** е т. *Лықсыту, сырғыту.*

**ЛЫҚЫТУ** *Лықыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫП** е л і к. *Тез, жылдам қимылды, қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Лып етті [берді].** а) *Тез қимылдады, көз ілеспей қозғалды.* ә) *Лезде екпін пайда болды.*

**ЛЫПА** [ар. لباس] з а т. **1.** *Әбден тозығы жеткен, көнетоз киім-кешек.* **2.** с ө й л. *Суға шомылғанда киетін киім.*

**Лыпа болмады.** *Қамзау, қымтау, жабын болмады.* **Лыпа қылды.** *Қамсау етті, лекерледі.* **Лыпа таппады.** *Лекері қалмады, қорғаныш таппады.*

**ЛЫП-ЛЫП** е л і к. *Бірнеше рет тез, жылдам орындалған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Лып-лып етті.** *Шапшаң, тез, жылдам, ширақ қимылдады.*

**ЛЫПЫ=** е т. *Аяғы-аяғына жұқпай, тез-тез басу, зымырау.*

**Лыпып тұрды.** *Нені болса да тез, жылдам істеді; ылдым-жылдым қимылдады.*

**ЛЫПЫЛ** з а т. *Тез-тез істелген шапшаң қимыл-әрекет.*

**Лыпыл қақты.** *Лып-лып етіп қолды-аяққа тұрмады, шапшаң қимылдады.*

**ЛЫПЫЛДА=** е т. **1.** *Зыр қағып, қолды-аяққа тұрмау.* **2.** *Өткір болып тұру, жалаңдау.* **3.** *Сөніп барып, қайта жанып шалқу.*

**ЛЫПЫЛДАТ**= е т. *Зыр қағып, жылдамдатып қозғалу.*

**ЛЫПЫЛДАТУ** *Лыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫПЫЛДАУ** *Лыпылда етістігінің қимыл атауы; қолды-аяққа тұрмай тез-тез қозғалу.*

**ЛЫПЫҢ: лыпың қақты.** *Шапшаң қимылдады, тез-тез қозғалды.*

**ЛЫПЫҢДА**= е т. *Ылдым-жылдым қозғалу, лыпың қағу.*

**ЛЫПЫҢДАТ**= е т. *Лыпың-лыпың еткізу, лыпың қаққызу.*

**ЛЫПЫҢДАТУ** *Лыпыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЫПЫҢДАУ** *Лыпыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЛЬЕ** [франц. lieue] з а т. *4,5 км-ге тең көне француз ұзындық өлшемі.*

**ЛЮК** [гол. luik] з а т. *Кеме, танк, ұшақ ішіне кіріп-шығуға арналған қақпағы бар ашық есік.*

**ЛЮКС**[1] [лат. lux] з а т. *Жарық өлшемі.*

**ЛЮКС** [франц. luxe] с ы н. *Жақсы жабдықталған жоғары деңгейлі қонақүй (бөлме), вагон, салон т.б.*

**ЛЮМИНЕСЦЕНТТІК: люминесценттік талдау.** х и м. *Зерттелетін затқа ультракүлгін сәулелер әсер еткенде немесе реакцияның барысында пайда болатын люминесценцияланатын жарық шығарудың қарқындылығы анықталатын талдау әдісі.*

**ЛЮНЕТ** [франц. lunnette] з а т. ә с к. *Далалық бекіністің бір түрі.*

**ЛЮПОЗОРИЙ** з а т. м е д. *Тері туберкулезі ауруларына арналған арнаулы емдеу орны.*

**ЛЮПОС** [лат. lupus] з а т. м е д. *Тері туберкулезі ауруларының бір түрі.*

**ЛЮСТРА** [франц. lustre] з а т. *Бір не бірнеше лампа орнатуға болатын аспалы шам; шамдал.*

**ЛЮСТРИН** [франц. lustrine] з а т. *Жылтыр өң берілген жүн мата.*

**ЛЮТЕРАН** з а т. *Лютеран дініндегі адам.*

**ЛЮТЕРАНДЫҚ** с ы н. *Лютеран дініне қатысты.*

**ЛЮТНЯ** [поляк. lutnia] з а т. м у з. *Шертпелі музыка аспабы.*

**ЛЮІМПЕН** [нем. Lumpene] з а т. *Жұмысшы табының ең төменгі қабаты, қайыршы, кедей, қылмыскерлер.*

**ЛЯВОНИХА** з а т. *Беларусь халық биі.*

**ЛЯКРОСС** [франц. lacrosse] з а т. с п о р т. *Қалақша таяқпен ойнайтын командалық спорт ойыны.*

**ЛЯН** з а т. к ө н е. **1.** *XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Қытайда қолданған күміс ақша бірлігі.* **2.** *Қытайдағы 31,25 г. тең салмақ өлшемі.*

**ЛЯПИС** [лат. lapis] з а т. х и м. м е д. *Жараны күйдіруге қолданылатын түссіз ұнтақ.*

# М

**М**[1] л и н г в. *Қазақ әліпбиінің он жетінші әрпі және осы әріп таңбалайтын қос ерін тоғысыңқы үнді дауыссыз дыбыс.*

**М саны.** ф и з. *Салыстырмалы жылдамдықты, яғни ұшу жылдамдығының дыбыс жылдамдығына қатысын білдіретін шекті сан (340 м/сек. немесе 1224 км/сағ.).*

**М**[2] з а т. с п о р т. *Желкен спортында жарысқа түсетін швертботтар тобындағы қайықтардың бір түрі.*

**МА** е с і м. **1.** *Біреуден бір нәрсе жайлы сұрау, сұрақ қою кезінде қолданылатын көмекші сөз.* **2.** л и н г в. *Баяндауыш қызметінде айтылған сөздерден кейін, кейде күрделі баяндауыштың ортасында тұрып, сұраулық мағына тудыратын демеулік; ба/бе, па/пе шылауының фонетикалық варианты.*

**МААР** [нем. Maar] з а т. г е о л. *Лава атқыланбай, газ қопарылысы мен жанартау әрекетінен ғана болған шұңғылша не цилиндр бітімдес ойыстар.*

**МАБАДА** шыл. көне. ***Мүбәде.***

**МАВЗОЛЕЙ** [лат. mausoleum] з а т. с ә у л е т. ***Кесене*** *(қабір үстіне тұрғызылған монументті құрылыс).*

**МАВР** [лат. mauri] з а т. **1.** к ө н е. *Ежелгі римдіктердің Мавритания мен Солтүстік Африканың батысындағы тұрғындарға берген атауы.* **2.** *Мавритания мемлекетінің жергілікті тұрғындары.*

**МАГАЗИН** [франц. magazin] з а т. **1.** к ө н е. *Зат қоюға, сақтауға арналған орын; қойма, қамба.* **2.** ***Дүкен*** *(тұрмысқа қажетті заттарды сататын сауда үйі, орны).* **3.** *Бір жерге*

*жинақталған бір түрлі элементтер, бұйымдар жинағы.*

**МАГИСТР** [лат. magister] зат. **1.** көне. тар. *Ежелгі Римдегі қызмет лауазымы.* **2.** пед. *Жоғары кәсіби білім бағдарламасын меңгерген тұлғаға тағайындалатын біліктілік және академиялық дәреже.* **3.** *Осы ғылыми дәрежеге ие адам.*

**МАГИСТРАЛЬ** [лат. magitralis] зат. *Жол қатынастары, электр, су, телеграф, газ құбыры, канализация жүйесіндегі негізгі бас торап. // Қаланың барлық аудандары арқылы өтетін, көлік көп жүретін үлкен көше.*

**МАГИСТРАЛЬДЫҚ** сын. *Ең негізгі, тораптық.*

**МАГИСТРАНТ** [лат. magistrans] зат. пед. *Магистр дәрежесінің емтихандарын тапсырған, бірақ диссертация қорғамаған тұлға.*

**МАГИСТРАТ** [лат. magistratus] зат. тар. *Ежелгі Римде мемлекеттік лауазымдағы адам, биліктің өкілі.*

**МАГИСТРАТУРА** [лат. magistratura] зат. пед. *Жоғары білімді бакалавр дәрежесі бар мамандарды магистрлік диссертация қорғауға дайындайтын оқу жүйесі.*

**МАГИСТРЛІК** сын. пед. *Магистратура жүйесіне қатысты.*

**МАГИЯ** [лат. magia] зат. ***Сиқыр*** *(белгілі бір әрекетке және сөздерге кереметтей қасиет беріп дәріптеуші ерекше күш; алғашқы қауымдық дін формаларының бірі).*

**МАГИЯЛЫҚ** сын. ***Сиқырлы*** *(магияға тән).*

**Магиялық поэзия**. әдеб. *Әртүрлі құбылыстарға табиғаттан тыс күштер арқылы әсер етуге болады дейтін наным-сенімнен туған сиқырлау, дуалау мақсатымен айтылатын ғұрып өлеңдері.*

**МАГМА** [грек. magma] зат. геол. *Жердің терең қойнауларында пайда болатын қоймалжың зат; силикат құрамды балқыған масса.*

**МАГМАЛЫҚ** сын. геол. *Магмаға тән, магма тәріздес.*

**Магмалық жапсар**. геол. *Магмалық денелер (интрузиялар, кіріңділер т.б.) есебінен қалыптасқан таужыныстардың кіріктіруші таужыныстармен жапсарласу өңірі.* **Магмалық кендер**. геол. *Магма әрекетіне байланысты пайда болған кендер.* **Магмалық кен орындары.** кен. *Интрузиялық массивтердің ішінде олардың алғашқы қалыптасуына бейімді қабат денелер түзген немесе жарықшақтарды толтырып, желілер түрінде қалыптасқан кен шоғыры.* **Магмалық таужыныстары**. геол. *Магма немесе жанартаулық атқылаулардан жер бетіне төгілген лаваның суынуынан және кристалдануынан пайда болған таужыныстар.*

**МАГМАТИЗМ** зат. геол. *Жер қойнауындағы магманың пайда болуын сипаттайтын эндогендік геологиялық үдеріс.*

**МАГНАЛИЙЙЛЕР** зат. хим. *Кеме және мәшине жасау өнеркәсібінде қолданылатын, құрамында алюминий, магний, марганец, мырыш, никель, бериллий т.б. элементтермен қосылған құймалар.*

**МАГНАТ** [лат. magnatus] зат. ***Алпауыт*** *(мол байлық пен жердің, ірі өндірістің иесі).*

**МАГНЕЗИТ** [лат. magnesia] зат. хим. *Карбонаттар класына жататын минерал.*

**МАГНЕЗИЯ** [лат. magnesia] зат. мед. *Магнийдің тотығы не тұзынан тұратын ақ ұнтақ.*

**МАГНЕЗИЯЛЫ** сын. *Магнезия қосылған, магнезия араластырған.*

**МАГНЕЗОНДАР** зат. хим. *Магнитті тауып анықтауға қолданылатын бір топ органикалық реактивтер.*

**МАГНЕТИЗМ** [франц. magnetisme] зат. физ. **1.** *Электр токтары арасындағы, ток пен магнит арасындағы және магниттер арасындағы өзара әсерлесу түрі.* **2.** *Физиканың денелердегі магниттік құбылыстар мен қасиеттерін қарастыратын бөлімі.* **3.** *Магниттік құбылыстардың жиынтығы.*

**МАГНЕТИТ** [нем. Magnetit] зат. хим. *Темір тотықтарының бірі болып саналатын темір өндіретін кенді минералдардың бірі.*

**МАГНЕТОДИНАМИКА** зат. *Үздіксіз өзгеріп отыратын өрістегі магниттелу процестерін қарастыратын магнетизм туралы ілімнің саласы.*

**МАГНЕТОН** зат. физ. *Магниттік сәттің атомдық және ядролық физикада қабылданған өлшем бірлігі.*

**МАГНЕТОХИМИЯ** зат. хим. *Заттардың магниттік және химиялық қасиеттерінің арасындағы тәуелділік, сондай-ақ магнит өрістерінің химиялық процестер кинетикасына тигізетін әсері зерттелетін физикалық химияның бір бөлігі.*

**МАГНЕТРОН** зат. *Сантиметрлік толқындар диапазонында электрмагниттік тербеліс жасайтын электровакуумдық құрал, қуатты генератор.*

**МАГНИЙ** [лат. magnezium] зат. хим. *Жеңіл, күміс түсті, жұмсақ ақ металл.*

**Магний қорытпалар**. кен. *Магний негізіндегі алюминий, мырыш, марганец, цирконий, литий т.б. да элементтер қосылатын құймалық және деформацияланатын қорытпалар.*

**МАГНИТ** [грек. magnetis] зат. **1.** *Темір немесе болаттан істелген нәрсені өзіне тартып алатын қасиеті бар темір рудасының бір кесегі.* **2.** ауыс. *Адамды өзіне тартып тұратын қасиет.*

**Магнит аномалиясы**. ***Магниттік аномалия***. **Магнит дауылы**. ***Магниттік дауыл***. **Магнит квант саны.** хим. *Мәні сыртқы электр немесе магнит өрісіндегі электрон орбиталының кеңістіктегі бағдарын анықтайтын квант саны.* **Магнит өрісі.** физ. *Магнетизмнің атомдық тасымалдаушыларының қозғалысынан туған электр зарядтарының әсерінен пайда болған өріс түрі.* **Магнит таспасы**. тех. *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға әрі ол дыбысты қайта шығаруға арналған жабдық.*

**МАГНИТОБИОЛОГИЯ** [грек. magnetis – магнит, грек. bios – тіршілік, logos – ілім] зат. физ. *Әлсіз төменгі жиіліктегі магнит өрістерінің биологиялық эффектілерін зерттейтін биофизиканың бір саласы.*

**МАГНИТОГРАФ** [грек. magnetis – магнит, ghapho – жазу] зат. геол. *Жердің магнит өрісінің өзгерісін үздіксіз тіркейтін құрал.*

**МАГНИТОЛА** зат. тех. *Құрылымы бойынша радиохабарларын таратушы қабылдағыш пен магнитофонды біріктіретін құрылғы.*

**МАГНИТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. терм. *Жер магнетизмін зерттейтін, соған қатысты.*

**МАГНИТОМЕТР** [грек. magnetis – магнит, франц. metron – өлшеу] зат. физ. *Магнит өрісінің сипаттамаларын және заттың магниттік қасиетін өлшейтін құрал.*

**МАГНИТОМЕТРИЯ** [грек. magnetis – магнит, грек. metron – өлшеймін] зат. *Геофизиканың жер магнетизмін, олардың аномалиясын зерттейтін бөлімі.*

**МАГНИТОМЕТРИЯЛЫҚ** сын. *Магнитометрияға тән, магнитометрияға негізделген.*

**МАГНИТОРЕЗИСТОР** зат. *Сыртқы көлденең магнит өрісі әсерінен электр кедергісі өзгеретін шалаөткізгішті айнымалы резистор.*

**МАГНИТОСТРИКЦИЯ** зат. *Магниттелген дене өлшемдері мен пішінінің өзгеруі.*

**МАГНИТОСФЕРА** [грек. magnetis – магнит, sphaira – шар] зат. *Жердің (ғаламшардың) айналасындағы магниттік өріс жатқан кеңістік.*

**МАГНИТОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Магнит толқындары арқылы емдеу.*

**МАГНИТОФОН** [грек. magnetis – магнит, pone – дыбыс] зат. физ. *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға әрі оны қайта тыңдауға арналған құрылғы.*

**МАГНИТСІЗ** сын. *Магниті жоқ, магниті болмаған.*

**МАГНИТСІЗДЕН=** ет. физ. *Магниттен ада болу, ажырау.*

**МАГНИТСІЗДЕНУ** *Магнитсізден етістігінің қимыл атауы.*

**МАГНИТТЕ=** ет. физ. *Магниттендіру, магнит жіберу.*

**МАГНИТТЕЙ** сын. *Магнит сияқты.*

**МАГНИТТЕЛ=** ет. физ. *Магниттік қасиетке ие болу.*

**МАГНИТТЕЛГЕНДІК** зат. геол. *Заттың магниттік моментінің оның көлеміне қатынасы.*

**МАГНИТТЕЛУ** *Магниттел етістігінің қимыл атауы.*

**МАГНИТТЕЛУШІЛІК** зат. физ. *Макроскопиялық дененің магниттік күйін сипаттаушылық.*

**МАГНИТТЕН=** ет. физ. *Магниттік қасиетке ие болу.*

**МАГНИТТЕНДІР=** ет. физ. *Магнит жіберу, магниттік қасиетке ие ету, магниттеу.*

**МАГНИТТЕНДІРУ** *Магниттендір етістігінің қимыл атауы.*

**МАГНИТТЕНУ** *Магниттен етістігінің қимыл атауы.*

**МАГНИТТЕУ** *Магнитте етістігінің қимыл атауы.*

**МАГНИТТҰТҚЫ** зат. тех. *Сусымалы өнімдердегі (ұн, қант, астық т.б.) майда магнитті қоспаларды ажыратуға арналған қондырғы.*

**МАГНИТТІ** сын. физ. *Магниті бар, магниттелген.*

**Магнитті меридиан.** физ. *Жердің магнитті өрісінің күш беретін белдеуінің проекциясы.*

**МАГНИТТІК** сын. *Магниттелген, магнит жүргізілген.*

**Магниттік алғырлық**. физ. *Заттың магниттелушілігі мен магнит өрісі арасындағы байланысты сипаттайтын физикалық шама.* **Магниттік аномалия**. *Жер бетіндегі магнит өрісі мәндерінің өзінің қалыпты мәндерінен ауытқуы.* **Магниттік дауыл**. физ. *Жердің магнит өрісінің Күннің активті аймағынан бөлінген плазма ағыны салдарынан күшті ұйтқуы.* **Магниттік күшейткіш.** тех. *Қуаты біршама үлкен айнымалы токты қуаты шағын тұрақты токпен (немесе басқа жиіліктегі айнымалы токпен) басқаруға арналған электромагниттік құрылғы.* **Магниттік меридиан**. геогр. *Геомагнит өрісінің күш сызығының жер бетіндегі проекциясы.* **Магниттік момент**. физ. *Заттың магниттік қасиеттерін сипаттайтын негізгі шама.* **Магниттік оптика**. *Оптиканың магнит өрісі әсерінен заттың оптикалық қасиеттерінің өзгерістерін зерттейтін саласы; магнетооптика.* **Магниттік өріс**. физ. ***Магнит өрісі***. **Магниттік полюс.** физ. *Жер бетіндегі магниттік еңкеюі 90°-қа тең, бұрылу сызықтары (изогоналар), яғни магниттік меридиандары түй-*

*ісетін нүктелер.* **Магниттік полюстер.** геогр. *Жер бетінде магнит тілі тік орналасатын, яғни бағдарлау үшін магниттік компас жарамсыз болып шығатын нүктелер.* **Магниттік таспа**. тех. *Магниттік қасиеті бар ұнтақ жалатылған жұқа әрі иілгіш таспа түріндегі дыбыс тасығыш; магниттік жазу кезінде (мыс. магнитофонда, бейнежазғышта) пайдаланылатын ақпарат таратқыш құрылғы.* **Магниттік тізбек**. физ. *Магниттік ағын өтетіндей болып жалғанған магнетиктер тізбегі; құрамы ферромагниттік заттардан тұратын құрылғылар жиынтығы.* **Магниттік ұстағыш**. физ. *Кеңістіктің белгілі бір көлемінде зарядты бөлшектерді ұзақ уақыт ұстап тұратын магнит өрісінің конфигурациясы.* **Магниттік химия**. хим. *Физикалық химияның заттың электрондық, молекулалық және кристалдық құрылысы мен магниттік қасиеттері арасындағы өзара байланысты зерттейтін саласы; магнетохимия.* **Магниттік экватор**. геогр. *Жер шарында магниттік еңкеюі нөлге тең нүктелерді өзара қосатын сызық.*

**МАГНИТТІЛІК** зат. физ. *Магниттік қасиетке ие болушылық.*

**МАГНИТШЕ** үст. *Магнит сияқтанып, магнитке ұқсап.*

**МАГНИТОЭЛЕКТРОНИКА** зат. *Заттың магниттік қасиеттерін пайдалануға негізделген қатты денелі электроника саласы.*

**МАГНОЛИЯ** [лат. magnolia] зат. өс. *Гүлі хош иісті, ірі, мәңгі жасыл ағаш немесе бұта.*

**МАГНОН** зат. физ. *Магниттік реттелген орталардағы спиндердің толқынына сәйкес келетін квазибөлшектер.*

**МАҒАРИФ** [ар.معارف] зат. ескікіт. *Білім, ғылым, өнер.*

**МАҒДАН** ар. зат. діни. *Алла тағаланың жер қойнауында жаратқан қазба байлығы.*

**МАҒДЫР** [ар. مقدرة] зат. *Күш, қуат, әл.*

**Мағдыры құрыды**. жерг. *Діңкеледі, дәрмені құрыды.*

**МАҒДЫРСЫЗ** сын. *Қуатсыз, әлсіз, дәрменсіз.*

**МАҒДЫРСЫЗДАН=** ет. жерг. *Дәрменсіздену, діңкелеу.*

**МАҒЗҰМ** [ар.معزوم] зат. діни. **1.** *Мейман.* **2.** *Молданың баласы.*

**МАҒЗҰР** [ар.معذور] сын. көне. *Ескерілген, айрықша.*

**МАҒИШАТ** [ар.معيشت] зат. ескікіт. *Өмір, тұрмыс, тіршілік, жағдай.*

**МАҒЛҰМ** [ар.معلوم] сын. ескікіт. **1.** *Анық, аян, белгілі.* **2.** *Аты, атағы елге кең тараған.*

**Мағлұм болды**. а) *Танымал болды, әйгіленді.* ә) *Айқындалды, анықталды.* **Мағлұм қылды**. *Мәлімдеді, хабарлады.*

**МАҒЛҰМАТ** [ар. معلومات] зат. **1.** *Бір нәрсе туралы толық хабар, жан-жақты білім.* **2.** *Ақпар, мәлімет.* **3.** *Көрген-түйгені, оқыған-тоқығаны.*

**Мағлұмат берді**. *Бір мәселе туралы айтты, түсіндірді, хабардар етті.*

**МАҒЛҰМАТНАМА** [ар.ир. معلومات نامه] зат. ***Анықтамалық.***

**МАҒЛҰМАТСЫЗ** сын. *Мағлұматы жоқ, мәліметсіз, хабарсыз.*

**МАҒЛҰМАТСЫЗДЫҚ** зат. *Мағлұматы жоқтық, мәліметсіздік, хабарсыздық.*

**МАҒЛҰМАТТЫ** сын. *Әр нәрседен хабары бар, білімдар.*

**МАҒЛҰМАТТЫҚ** сын. *Әр нәрседен мағлұмат беретін, білім беретін.*

**МАҒЛҰМДА=** ет. *Мәлімдеу, хабарлау.*

**МАҒЛҰМДАМА** зат. *Мәлімдеме, хабарлама.*

**МАҒЛҰМДАН=** ет. *Белгілену, анықталу.*

**МАҒЛҰМДАУ** *Мағлұмда етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒЛҰМСЫЗ** сын. *Беймәлім, бейхабар, белгісіз.*

**МАҒМҰР** [ар. معمور] зат. **1.** *Өңделген егістік жер.* **2.** ауыс. *Игерілген, мәдениелендірілген, абаттандырған қоныс.*

**МАҒМҰРЛЫҚ** зат. *Мәдениелендірілгендік, абаттанғандық.*

**МАҒРИП** [ар. مغرب] зат. ескікіт. **1.** *Күн бататын жақ, батыс.* **2.** тар. *Солтүстік Африка (Ливия, Тунис, Алжир, Марокко) елдері.*

**МАҒРИФАТ** [ар. مغرفة] кіт. зат. **1.** *Білім толысуымен байланысты сопылық сатының бірі.* **2.** *Білім, ағарту, ғылым, өнер.*

**МАҒРҰП** [ар. معروف] сын. **1.** *Белгілі, атағы жалпыға мәлім.* **2.** *Қайырымды.*

**МАҒРҰР** [ар. مغرور] сын. *Алданған, көрмейтін.*

**МАҒРЫБ** зат. ескі кіт. ***Мағрип.***

**МАҒҰР** [ар. مغرور] сын. *Менменшіл, мақтаншақ, тәкаппар.*

**МАҒҰРЛАН=** ет. жерг. *Асқақтау, мақтану, дандайсу.*

**МАҒҰРЛАНУ** *Мағұрлан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒФУЗ** [ар.محفوظ] зат. ескікіт. *Лауқы махфуз, яғни ислам діни ұғымындағы әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қойылған тақта, тізім кесте.*

**МАҒШАР** [ар. مخشر] зат. тар. діни. ***Махшар*** *(адамдардың о дүниедегі күнәсін тексеретін орын).*

**МАҒШҰҚ** [ар. معشوق] сын. ескікіт. **1.** *Сүйікті, ғашық, махаббат.* **2.** *Ынтық, құмар.*

**МАҒШҰҚТЫҚ** зат. *Ғашықтық, сүйіспеншілік.*

**МАҒЫНА** [ар. معنى] зат. **1.** *Белгілі бір сөзге тән ұғым, түсінік.* **2.** *Мән, маңыз.* **3.** *Негіз, себеп.* **4.** *Мазмұн.*

**Мағынасын жоғалтты.** *Мәнінен, маңызынан айырылды.*

**МАҒЫНАЛА=** ет. *Сөзге мән, мазмұн беру.*

**МАҒЫНАЛАН=** ет. *Мәні күшею, маңызы арту.*

**МАҒЫНАЛАНДЫР=** ет. *Мән беру, ерекше назар аудару.*

**МАҒЫНАЛАНДЫРУ** *Мағыналандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒЫНАЛАНУ** *Мағыналан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒЫНАЛАС** сын. *Мағына жағынан жақын, үйлес, мәндес.*

**МАҒЫНАЛЫ** сын. **1.** *Мағынасы терең, кең, әсерлі.* **2.** *Мәнді, маңызды, мазмұнды.*

**МАҒЫНАЛЫҚ** сын. *Мағынаға тән, мағынаға қатысты.*

**МАҒЫНАЛЫЛЫҚ** зат. *Мән-мазмұны күшті болушылық.*

**МАҒЫНАСЫЗ** сын. **1.** лингв. *Лексикалық мағына білдірмейтін, мағынасы жоқ (сөздер).* **2.** *Түсініксіз, ұғымсыз.* **3.** *Жөн-жосықсыз, беталды.* **4.** *Мақсатсыз, мазмұнсыз, мәнсіз.*

**МАҒЫНАСЫЗДАН=** ет. *Мәнсіздену, мағынасы, мән-мазмұны кету.*

**МАҒЫНАСЫЗДАНУ** *Мағынасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒЫНАСЫЗДАНУ** *Мағынасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҒЫНАСЫЗДЫҚ** зат. *Мағынасы жоқтық, мәнсіздік.*

**МАДА** [ир.ماده] сын. *Жолбарыстың ұрғашысы.*

**МАДАҚ** [ар. مدح] зат. *Істелген іске, қол жеткен табысқа, ізгі қасиетке берілетін жоғары баға, мақтау сөз.*

**Мадақ етті [айтты].** *Мақтан етті, дәріптеді.* **Мадақ өлең**. әдеб. *Салтанатты оқиғаны жырлауға немесе біреуді қошеметтеуге арналған мақтау өлең.* **Мадақ сөз**. *Мақтау* сөз.

**МАДАҚНАМА** [ар. ир. مدحنامه] зат. *Белгілі бір істегі жетістігі үшін берілетін құжат, грамота, марапат хат.*

**МАДАҚТА =** ет. **1.** *Біреудің ерлігін, еңбегін, өнерін, игі қылықтарын мақтап, көкке көтеру.* **2.** *Елінің, жерінің т.б. қадір-қасиетін біліп, даңқын шығару, мақтан ету, мәртебесін көтеру.* **3.** *Дәріптеу.*

**МАДАҚТАЛ=** ет. *Жоғары бағаға, мақтауға ие болу.*

**МАДАҚТАЛУ** *Мадақтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАДАҚТАН=** ет. *Мақтан ету, мақтаныш көру.*

**МАДАҚТАНУ** *Мадақтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАДАҚТАС=** ет. *Біреудің не қоғамдағы игі істерді айтып, мадақ етісу.*

**МАДАҚТАСУ** *Мадақтас етістігінің қимыл атауы; мадақ етісу.*

**МАДАҚТАУ** *Мадақта етістігінің қимыл атауы; мадақ ету, дәріптеу.*

**МАДАҚШЫ** зат. *Мадақ айтушы, дәріптеуші.*

**МАДАҚШЫЛ** сын. *Әсіре мақталған, көтермеленген.*

**МАДАҚЫЛА =** ет. *Қайта-қайта мадақтау.*

**МАДДҰҒА** зат. дін. *Қабыл болған, Құдай қабыл еткен тілек-дұға.*

**МАДИАН** зат. діни. *Шұғайып пайғамбардың қауымы.*

**МАДИЫҚТАН=** ет. жерг. *Мақтану, масаттану.*

**МАДМАДА** зат. діни. *Дәрет алған кезде ауызға су алып, ауыздың барлық қуыстарына су жеткізу үшін арлы-берлі шайқап, төгіп тастау.*

**МАДЫРА=** ет. жерг. *Жаңылу, абдырау.*

**МАДЫРЛА=** ет. жерг. *Бұзылу, қисаю.*

**МАДЬЯР** зат. *Тегі түркілік венгр халқының өзіндік атауы.*

**МАЖАЗИ** [ар. مجازى] зат. ескікіт. *Тұспал, жорамал; аллегория.*

**МАЖАЛ** [ар. مجال] зат. жерг. *Мұрша, шама, әл.*

**МАЖАЛДА=** ет. жерг. *Шамалау, болжамдау.*

**МАЖАЛДАУ** *Мажалда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЖАЛЫ** [ар. مجالى] мод. *Шамасы.*

**МАЖОР** [лат. major] зат. муз. *Үлкен (мажорлық) үш дыбыстылық аккордқа және осы үш дыбыстылықтың өзіндік мәнеріне негізделген лад.*

**МАЖУСА** [ар. مجوسى] зат. діни. *Көпқұдайға табынушы, алдамшы.*

**МАЖЫРА**[1] зат. өс. <лат. comarum> *Батпақты, шалғынды жерлерде өсетін, раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**МАЖЫРА**[2] зат. жерг. *Қалып, жай, жайбарақат күй.*

**МАЖЫРА=** ет. жерг. **1.** *Күн райы жайма-шуақтанып ашылып, жыли бастау, жарқырау.* **2.** *Қалыпқа түсу, жайбарақат күйге ену.* **3.** ауыс. *Жадырау, көңілдену.*

**МАЖЫРАЖАЙ** сын. *Жайма-шуақ, жарқын, жайдары.*

**МАЖЫРАЛАСУ** *Мажыралас етістігінің қимыл атауы.*

**МАЖЫРАС=** ет. жерг. *Бір-бірімен қуанып кездесу, жарқын күйде бірге отыру.*

**МАЖЫРАСУ** *Мажырас етістігінің қимыл атауы.*

**МАЖЫРАУ** *Мажыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗА** [ир. مزه] зат. *Тыныштық, дамыл.*

**Маза берген жоқ [бермеді].** *Мазалады, тыным бермеді, дамыл көрсетпеді.* **Мазаны алды [кетірді].** *Тыныштын алды, маза бермеді.* **Мазасы болмады [қашты, кетті].** а) *Өзін жайсыз сезінді.* ә) *Дегбірі қашты, мазасызданды.* **Мазасы жоқ.** *Көңілсіз, шырқы бұзылған.* **Мазасы кетіңкіреді.** *Жайы болмады, дел-сал болды.* **Маза тапты.** *Тынышталды, тыншыды.*

**МАЗАЖ** [ар. مزاج] зат. көне. *Мүмкіндік.*

**МАЗАҚ** [ир. مزاح] зат. **1.** *Келеке, келемеж, күлкі.* **2.** ауыс. *Тағдыр тәлкегі, жазмыш.*

**Мазақ болды.** *Күлкілі халге ұшырады, келекеге қалды.* **Мазаққа берді.** *Қорлыққа көнді.* **Мазаққа қалды.** *Күлкілі халге ұшырады, мазақ болды.* **Мазаққа қосты.** *Күлкіге, қалжыңға, мазаққа айналдырды.* **Мазақ қылды [етті].** *Келемеждеді, күлкі етті.*

**МАЗАҚТА=** ет. **1.** *Біреудің қытығына тиіп келекелеу, келемеждеу.* **2.** *Күлкі қылу, әзіл-қалжыңға айналдыру.* **3.** ауыс. *Тағдыр тәлкегіне түсіру.* **4.** ауыс. окказ. стиль. *Берілмеу, жеңілмеу, күші қайтпау.*

**МАЗАҚТАҒЫШ** сын. *Мазақ еткіш, келемеждегіш.*

**МАЗАҚТАЙ** сын. *Мазақ сияқты, әжуадай.*

**МАЗАҚТАМА** зат. өнер. <ағыл. sketch> ***Скетч*** *(әзіл-оспаққа құрылған қысқаша эстрадалық пьеса).*

**МАЗАҚТАЛ=** ет. *Мазаққа ұшырау, мазаққа қалу.*

**МАЗАҚТАЛУ** *Мазақтал етістігінің қимыл атауы; келемеж, күлкі болу.*

**МАЗАҚТАС=** ет. *Біреуге қосылып, мазақ қылу, күлкі қылысу, мазақ етісу.*

**МАЗАҚТАСУ** *Мазақтас етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАҚТАТ=** ет. *Мазақ қылдыру, күлкі, келемеж еткізу.*

**МАЗАҚТАТУ** *Мазақтат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАҚТАУ** *Мазақта етістігінің қимыл атауы; мазақ қылу, күлкі, келемеж ету.*

**МАЗАҚШЫЛ** сын. *Мазақ еткіш, қорлағыш.*

**МАЗАЛА=** ет. **1.** *Тыным таптырмау, тыныштық бермеу.* **2.** *Ойдан шықпау, көкейден кетпеу.* **3.** *Ойын бөлу.* **4.** *Ызыңдап, құлақ құртын жеу.* **5.** ауыс. *Айту, ескерту.* **6.** *Әр нәрсені бір сұрағыштап не қайта-қайта кіріп-шығып, мазасын алу.* **7.** ауыс. *Айналдырып, басын қатыру.* **8.** *Тиісіп, түрткіштеу.*

**МАЗАЛАН=** ет. *Тынышсыздану, көңілі алаң болу.*

**МАЗАЛАНДЫР=** ет. *Тыныштығын бұзу, көңілін алаңдату.*

**МАЗАЛАНДЫРУ** *Мазаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАЛАНУ** *Мазалан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАЛАҢҚЫРА=** ет. *Аздап мазалау, тынышын алу.*

**МАЗАЛАУ** *Мазала етістігінің қимыл атауы; мазасын алу, тыныштық бермеу, көңілін алаң қылу.*

**МАЗАЛИМ** [ар. مظالم] зат. діни. құқық. *Көптеген мұсылман мемлекеттеріндегі орын алған әділетсіздікке байланысты мемлекет басшысы немесе оның өкілетті өкілі қарайтын шағым соты, құқықтық бақылау.*

**МАЗАЛЫ** сын. *Жайлы, тыныш.*

**МАЗАҢ** сын. *Беймаза, мазасыз.*

**МАЗАҢДЫҚ** зат. *Мазасыздық, бей-мазалық.*

**МАЗАР** [ар. مزار] зат. **1.** *Атақты, әулие адамның қабірі үстіне тұрғызылған сәнді құрылыс нысаны, ескерткіш.* **2.** діни. *Зиярат ететін орын.* **3.** *Мола, зират.* **4.** ауыс. *Балалардың асыр салып ойнағаны, улап-шулағаны, күлкісі естілмейтін үй, отбасы туралы айтылады.* **5.** ауыс. *Ақылсыз, ақыл-парасаты кем деген мағынада.*

**МАЗАРАТ** [ар. مزارات] зат. сөйл. ***Мазар*** *(қабір үстіне тұрғызылған сәнді ескерткіш).*

**МАЗАСЫЗ** сын. **1.** *Тынышсыз, тыным таппайтын, өзіне де, өзгеге де маза бермейтін.* **2.** *Әрлі-берлі сапырылысқан, тынымсыз, қарбалас (шақ).* **3.** *Тыныш отыра алмайтын, дамыл таппайтын (бала туралы).* **4.** *Жайсыз, ыңғайсыз, жағдайсыз.* **5.** ауыс. *Абыржулы, сұрықсыз (өң, әлпет).* **6.** ауыс. *Ішті жегідей жеген, күйдіріп, жандырған (сезім, махаббат).* **7.** *Әр саққа жүгірген (ой, уайым).* **8.** ауыс. *Бойға желік бітіп, алып-ұшып тұрған (шақ, кезең).*

**МАЗАСЫЗДАН=** ет. *Мазасы кету, тыным таппау, тынышсыздану, алаңдау.*

**МАЗАСЫЗДАНДЫР=** ет. *Алаңдатқызу, тынышын кетіру.*

**МАЗАСЫЗДАНДЫРУ** *Мазасыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАСЫЗДАНУ** *Мазасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАСЫЗДАУ** сын. *Тынышсыздау, беймазалау.*

**МАЗАСЫЗДЫҚ** зат. *Тынышсыздық, беймазалық, әбігершілік.*

**МАЗАТСУ** *Мазатсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАТСЫ=** ет. жерг. **1.** *Масаттану, шаттану.* **2.** *Рахаттану, масайрау.*

**МАЗАТТАН=** ет. жерг. *Шат-шадыман болу, масайрау.*

**МАЗАТТАНДЫР=** ет. жерг. *Дандайсыту, есірту.*

**МАЗАТТАНДЫРУ** *Мазаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗАТТАНУ** *Мазаттан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗДА=** ет. **1.** *Жалындамай, бықсымай бірқалыпты жану.* **2.** ауыс. *Жайнау, жарқырау.* **3.** ауыс. *Пайда болу, тұтану.* **4.** ауыс. *Түрлі-түсті болып құлпыру; толу, орану.* **5.** ауыс. *Қиял жетегінде кету.* **6.** ауыс. *Құлай сүю, ғашық болу.* **7.** ауыс. *Көңілі өсіп, масайрау.* **8.** ауыс. *Жан біту.* **9.** ауыс. *Үміттену, күдерін үзбеу, сенім арту.* **10.** ауыс. *Шабыттану, рухтану, жалындау.* **11.** ауыс. *Өлең-жырға, әнге бөлену.* **12.** ауыс. *Ашық аспан, бейбітшілік заман туралы.*

**МАЗДАҚ** зат. *Маздап жанған жалынды от.*

**МАЗДАН=** ет. *Бірқалыпты, ақырын жану.*

**МАЗДАНУ** *Маздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗДАТ=** ет. **1.** *Отты тұтандырып жағу.* **2.** ауыс. *Жаны жай таппау, тыным көрмеу.* **3.** ауыс. *Күш-қуат беру, жігерлендіру, рухтандыру.*

**МАЗДАТУ** *Маздат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗДАТЫС=** ет. ауыс. *Әңгімені қыздыру.*

**МАЗДАТЫСУ** *Маздатыс етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗДАУ** *Мазда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗЛҰМ** [ар. مزارات] зат. ескікіт. *Қиналған, жәбірленген, мүсәпір адам.*

**МАЗМҰН**[1] [ар. مضمون] зат. **1.** *Белгілі бір шығармадағы өмір шындығын, құбылыстарын бейнелі түрде көрсетіп, ой-сезімге әсер беретін мағыналылық.* **2.** *Мағына, мән.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің парқы, жөн-жосығы.*

**МАЗМҰНДА=** ет. *Шығарманың, мәтіннің мазмұнын баяндап айтып беру.*

**МАЗМҰНДАМА** зат. пед. *Оқушылардың шығарма мазмұнын жазбаша түрде баяндап, жазып шығатын жазба жұмысы.*

**МАЗМҰНДАН=** ет. *Мәнге ие болу, маңызы арту.*

**МАЗМҰНДАНДЫР=** ет. *Мазмұнын толықтыру, қосымша мән беру.*

**МАЗМҰНДАНДЫРУ** *Мазмұндандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЗМҰНДАНУ** *Мазмұндан етістігінің қимыл атауы; мәнге ие болу.*

**МАЗМҰНДАС** сын. *Мазмұны үйлес, ұқсас.*

**МАЗМҰНДАУ** *Мазмұнда етістігінің қимыл атауы; мазмұнын айтып беру.*

**МАЗМҰНДЫ** сын. *Мәнді, маңызды, мағыналы.*

**МАЗМҰНДЫҚ** сын. *Мазмұнға лайық, мазмұнға сай.*

**МАЗМҰНДЫЛЫҚ** зат. *Мазмұнының жоғары болушылығы, тереңдігі.*

**МАЗМҰНДЫРАҚ** сын. *Мазмұны тереңірек, кеңірек.*

**МАЗМҰНСЫЗ** сын. *Мәнсіз, мағынасыз.*

**МАЗМҰНСЫЗДЫҚ** зат. *Мазмұны жоқтық, мағынасыздық.*

**МАЗУРКА** [поляк. mazurek] зат. муз. *Жылдам екпіндете биленетін поляктың халық биі.*

**МАЗУТ** зат. тех. *Мұнайдан керосинді, бензинді және газолинді айырып алғаннан кейін қалатын қалдық май.*

**МАЗЬАБ** ар. зат. діни. *Белгілі бір ғылыми пікірлер мен көзқарастар негізінде құрылған діни жол, ағым.*

**МАЙ**[1] зат. **1.** тамақ. *Әртүрлі өсімдік түрлерінен (жержаңғақ, зәйтүн, қалампыр, қарағай, қыша, жүгері, үпілмәлік т.б.) алынған жоғары сапалы сұйық май.* **2.** *Жан-жануарлардың, құстың денесіне жиналатын етке жабысқан ақ-сары түсті жұмсақ тағамдық зат.* **3.** *Малдың сүтінен алынатын сары май.* **4.** *Көлік жүргізуде, қозғалтқыштарды іске қосу, майлау т.б. жағдайларда қолданылатын сұйық отын (бензин, керосин т.б.).* **5.** этн. *Көлік күші.* **6.** этн. *Жалға берген жердің құны.* **7.** ауыс. *Құнарлы.*

**Май алмасу.** биол. *Тамақпен ағзаға енген майлардың ішек-қарында ферменттер әсерінен ыдырауы.* **Май ана.** этн. *Отқа май құйып, Май (Ұмай) анаға сиынып, тілек тілеу кезінде айтылатын сөз.* **Май басты.** *Қатты семірді, майланды.* **Май батпақ.** *Қою-сұйығы әбден араласқан, жабысқақ, иі қанған, қиыршық, құм, тасы жоқ, майда, қоймалжың лай.* **Май безі.** анат. <лат. glandulae sebaceae> *Құрылысы жағынан қарапайым май сөлін бөлетін бездер.* **Майға бөкті.** *Денесін әбден май басып, семірді, жұнттай болды.* **Май жинады.** *Семірді, ет алды.* **Майдан [май ішінен] қылшық суырғандай.** *Жайлап, ақырындап, баппен.* **Май жасушасы.** биол. <лат. lipocytus> *Ағзадағы қорланған май ұлпасын түзетін жасушалар.* **Май жұтты.** *Қайғы-қасіретке батты.* **Май көт болды.** *Майлы аяқ болды, жолы болды.* **Май қап!** тілек. *Түкірігіне немесе тамаққа шашалған кезде адамға айтылатын тілек.* **Май қуырдақ.** тамақ. *Балық етін өз*

*майына қуырып пісіретін тағам.* **Май құйрық.** *Құйрықтың майлы, жұмсақ тұсы.* **Май мұрын.** *Мұрын бітімі етжеңді келген (адам).* **Май пісті.** *Қаймақты, кілегейді күбіге салып пісіп, шайқап, сарымай алды.* **Май табан.** а) *Қалың май басқан табан.* ә) э т н . *Түйе табанының артынан алдына қарай соқпақтала алып жатқан өте жақсы жетілген қыртысты бөлігі.* **Май төмпеш.** *Жанына қатты батырмай ұрып-соғу, түйгіштеу.* **Май тоңғысыз.** *Жайма-шуақ, жылы күн.* **Май түймеш.** т а м а қ. *Майын көбірек қосып түйген ет.* **Май ұлпасы.** б и о л . <лат. textus adiposus> *Май жасушалары липоциттерден құралған дәнекер ұлпасының бір түрі.* **Май шайқады.** *Май алу үшін қаймақты, сүтті, айранды күбіге пісіп әрі-бері араластырып бұлғап, май алды.* **Май шелпек.** т а м а қ. *Сары май қосып илеп, онша жұқартпай пісірілген шелпек түрі.* **Май шелпекті тапты.** *Біреуді алдап-сулап жем қылды.* **Май шуақ.** *Жаймашуақ, жадыраған күн.* **Майын мінді [берді].** *Күш-көлікті біреуден уақытша сұрап алып пайдаланды.* **Майын тамызды [ағызды].** *Сөзді, әңгімені мәнерлеп, шебер сөйледі.* **Майын төске алды.** п о э т . *Толысты, толықсыды.* **Майы шықты.** *Қара тер болды.*

**МАЙ[2]** з а т . *Күнтізбелік бір жылдың бесінші айы; мамыр.*

**МАЙБАЛЫҚ** з а т . з о о л . <лат. chalcalburnus chalcoides> *Тұқытәрізділер отрядына жататын балықтың түрі.*

**МАЙБАЛШЫҚ** з а т . қ ұ р . *Цемент және басқа да байланыстырғыш заттар қосылған жабысқақ, қоюлау келген қоспа; сылақ жүргізу үшін арнайы жасалатын лай.*

**МАЙБҰРШАҚ** з а т . ө с . *Дәнді бұршақ дақылдарының бір түрі.*

**МАЙГҮЛ[1]** з а т . ө с . с ө й л . ***Мамыргүл.***

**МАЙГҮЛ[2]** з а т . ө с . *Шабдалының тез пісетін асханалық сорты.*

**МАЙДА** с ы н . **1.** *Ұсақ-ұсақ, кішірек.* **2.** *Биязы, жұмсақ (жүн, шаш, мата т.б.).* **3.** а у ы с . *Борап, ұйтқып жауған ұсақ (қар).* **4.** а у ы с . *Баяу соққан жылы леп, самал жел.* **5.** а у ы с . *Сыпайы, әдепті, жайдары мінезді.* **6.** а у ы с . *Құлаққа жағымды (үн, дауыс).* **7.** а у ы с . *Кішігірім, елеусіз.*

**Майда жел.** *Жанға жайлы, баяу жел.* **Майда жонды.** *Жотасы қатты шықпаған, толқынтолқын.* **Майда қол.** *Жақсы мінез, жағымды қылық.* **Майда қолмен ұстады.** *Жақсы, ықыласты, жағымды көңілмен күтті.* **Майда қоңыр.** а) *Қоңыр салқын (ауа райы, күн).* ә) *Жанға жайлы (үн, дыбыс).* **Майда шынықтыру.** м ә ш. *Майдың ішінде суыту арқылы шынықтыру.*

**МАЙДАБАС** з а т . ө с . <лат. microcephala> *Далалы жерде, қырда өсетін, сабағы жіңішке, басы ұлпілдеген, мал жейтін шөп.*

**МАЙДАБИКЕ: майдабикеге салды**. *Мәймөңкеледі, жігін жатқызды.*

**МАЙДАБОЗ** з а т . ө с . с ө й л . ***Майдабас.***

**МАЙДАГЕР** з а т . т е р м . *Ұсақ қолөнерімен шұғылданатын адам.*

**МАЙДАГЕРЛІК** з а т . т е р м . *Ұсақ қолөнерімен шұғылданушылық.*

**МАЙДАЖЕЛЕК** з а т . ө с . <лат. erigeron> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп (кейде бір) жылдық шөптесін өсімдіктер.*

**МАЙДАЙ** с ы н . *Жағымды, жайлы, сүйкімді.*

**Майдай еріді [балқыды].** *Көңілденді, шаттанды, қуанышқа бөленді.* **Майдай жақты.** *Жанға жақты, елітті, сүйсіндірді.*

**МАЙДАЛА=** е т. **1.** *Ұсақтау, бөлшектеу, ұгу.* **2.** а у ы с . *Жайлап, сыпайылап сөйлеу, мипаздау.* **3.** а у ы с . *Әнді бәсең әуенмен біртіндеп бастау.*

**МАЙДАЛАН=** е т. **1.** *Ұсақталу, үгілу, уатылу.* **2.** а у ы с . *Ұсақталып кету, күйбең тіршілік кешу.*

**МАЙДАЛАНУ** *Майдалан етістігінің қимыл атауы; ұсақтау уатылу.*

**МАЙДАЛАУ** *Майдала етістігінің қимыл атауы; ұсақтау, уату.*

**МАЙДАЛЫҚ** з а т . **1.** *Ұсақтық, майдагерлік.* **2.** а у ы с . *Жұмсақтық, момындық, биязылық.* **3.** *Сыпайылық, әдептілік.*

**Майдалық талдау.** х и м . *Майдалық ортадағы бөлшектердің мөлшерлерін оның мөлшері мен қуыстарына сай анықтау әдістерінің жиынтығы.*

**МАЙДАН** [ир. میدان] з а т . **1.** *Соғыс; кескілескен ұрыс, шайқас.* **2.** ә с к . *Қарулы күштердің белгілі бір бағытта соғыс қимылдарын жүргізу үшін бір қолбасшының қарауына оперативті топтастырылуы.* **3.** ә с к . *Әскер сапының маңдайшеп қатары.* **4.** ә с к . *Соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақ.* **5.** *Кең алаң, айдын жер.* **6.** ж е р г . *Алаң, егістік жер.* **7.** ж е р г . *Сырт көше, дала.* **8.** к ө н е . а у ы с . *Сән-салтанат, шеру.*

**Майдан авиациясы**. ә с к . *Әскери-әуе күштерінің соғыс операцияларына қатысушы бір бөлігі.* **Майдан алаңы.** *Соғыс, әскери іс-қимылдар жүріп жатқан жер.* **Майданға түсті.** а) *Сайысқа, ұрысқа шықты.* ә) *Сыннан өтті, сынға түсті, сыналды.* **Майданға шықты.** *Майданға, ұрысқа аттанды.* **Майдандағы армия**. ә с к . *Ұрыс майданында әрекет етуге белгіленген әскер.* **Майдан даласы.** а) *Соғыс жүріп жатқан алаң, кескілескен ұрыс алаңы.* ә) *Соғыс жүріп жатқан жерде, алдыңғы шепте соғысушы әскер.* **Майдан ені.** ә с к . *Шабуылшы немесе қорғанушы бөлімнің (бөлімшенің) екі қаптал аралығындағы қашықтығы.* **Майдан мүгедегі.** *Қан майданда, соғыста жарақат алып қайтқан, әлеуметтік қамқорлықты қажет ететін адам.* **Майданның қақ төрінде.** *Сұрапыл соғыс ортасында, соғыстың алғы шебінде.* **Майданның өті.** *Қан майданның ортасы, нақ өзі.* **Майдан соқ жасады.** *Жанжал шығарды, ұрыс салды.* **Майдан шебі**. ә с к . *Шабуыл кезінде әскердің алдыңғы бөлімі алған немесе қорғаныс кезінде орналасқан шеп.*

**МАЙДАНГЕР** [ир. میدانگر] з а т . т е р м . **1.** *Жауынгер, кескілескен ұрысқа қатысқан сарбаз.* **2.** *Майданда болған адам.*

**МАЙДАНДА**= е т. *Үстем болу; жайлап алу.*

**МАЙДАНДАС** с ы н . *Майданда бірге болған (әскери дос), бірге соғысқан (жолдас).*

**МАЙДАНДАС**= е т. **1.** *Соғысу, алысу, айқасу.* **2.** а у ы с . *Арпалысу, тартысу.*

**МАЙДАНДАСТЫР**=е т. *Соғыстыру.*

**МАЙДАНДАСТЫРУ** *Майдандастыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙДАНДАСУ** *Майдандас етістігінің қимыл атауы; арпалысу, тартысу.*

**МАЙДАНДЫ** с ы н . *Сойқанды, лаңды.*

**МАЙДАНДЫҚ** с ы н . *Майданға тән, майдан шебіндегі.*

**Майдандық артиллериялық топ**. ә с к . тар. *Батареяға қарсы күрес жүргізу, майдан әскерлерін терең топтастыру мүддесі үшін Ұлы Отан соғысы кезінде құрылған бөлім.*

**МАЙДАНШЫ** з а т . с ө й л . ***Майдангер.***

**МАЙДАНШЫЛ** с ы н . *Майдан құмар, майдангер болғыш.*

**МАЙДАСЫН=** е т. **1.** э к с п р . м е н с і н б е у . *Майда санау, кіші, жас деп білу.* **2.** *Кішкене, аласа, төмен болып көріну.*

**МАЙДАСЫНУ** *Майдасын етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙДАШӨП** з а т . ө с . <лат. spergula> *Қалампыр тұқымдастарына жататын біржылдық мал азықтық шөп.*

**МАЙДА-ШУАҚ** с ы н . *Жайма-шуақ, жайма-қоңыр.*

**МАЙДА-ШҮЙДЕ** с ы н . *Уақ-түйек, болмашы. // Ұсақ-түйек зат.*

**МАЙЖАҚПА** з а т . э т н . т а м а қ. *Ашымаған қамырдан жаймалап пісіріп, бетіне май жағып, қабаттап желінетін шелпек.*

**МАЙЖАПЫРАҚ[1]** з а т . ө с . *Батпақты жерлерде өсетін ұсақ жәндіктерді жегіш, жасыл түсті гүлдері бар өсімдік.*

**МАЙЖАПЫРАҚ[2]** з а т . ө с . с ө й л . *Тышқанқұлақ.*

**МАЙЖЕГІШ** с ы н . *Майды көп тұтынатын. // Майды жақсы жейтін адам.*

**МАЙЖҮРЕК** з а т . ө с . *Таулы аймақтарда өсетін, жапырақтары жүрек пішіндес шөптесін өсімдік.*

**МАЙЗОРЫҚ** з а т . э т н . *Семіз жылқының міністен зорыққанынан болатын ауруы.*

**МАЙКА** з а т . ***Теркөйлек****(тоқыма матеріалдан тігілген жұқа ішкөйлек).*

**МАЙКАЛЫ** с ы н . ***Теркөйлекті*** *(мәйкі киген, мәйкішең).*

**МАЙКАШЕҢ** с ы н . ***Теркөйлекшең*** *(мәйкі киген, мәйкілі).*

**МАЙКЕНЕ** з а т . ө с . <лат. ricinus> *Сүттігендер тұқымдасына жататын көпжылдық ағаш тәріздес өсімдік; майлы дақыл.*

**Майкене майы**. з а т . т а м а қ. *Майкене өсімдігінен алынатын бағалы май.*

**МАЙКӨТ** з а т . з о о л . *Дене тұрқы шымшықтан кішірек, ащылы-сарсозаңды жерлерде мекендейтін дала торғайы.*

**МАЙҚАБЫҚ** з а т . ө с . *Малға жұғымды шөптердің бірі.*

**МАЙҚАН[1]** з а т . *Қырмандағы әлі тазарып, қызылданбаған астық.*

**МАЙҚАН[2]** м е д . ж е р г . ***Семіздік.***

**МАЙҚАН[3]: майқан балық**. з о о л . *Албырттар тұқымдасына жататын, ұзындығы 46-70 см, салмағы 1-8 кг болатын балықтардың бір түрі.*

**МАЙҚАНА[1]** з а т . ж е р г . *Үлгі, өнеге, тәртіп, тәрбие.*

**МАЙҚАНА[2]** з а т к ө н е . *Әңгіме-дүкен, сауық құруға болатын, әртүрлі тағам мәзірі бар көңіл көтеретін көпшілік орыны, мейрамхана.*

**МАЙҚАНДА=** е т. **1.** *Қырмандағы астықтың бетін сыпырып тазалау, желге ұшырып тұрып шөп-шардан ажырату.* **2.** а у ы с . *Бір нәрсенің ұйпа-түйпасын шығару, жаншу, таптау.*

**МАЙҚАНДАЛ=** е т. *Қырмандағы астықтың тазалануы.*

**МАЙҚАНДАЛУ** *Майқандал етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙҚАНДАУ** *Майқанда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙҚАҢБАҚ** з а т . ө с . ***Балқаңбақ*** *(Сортаңды, тұзды шөл далада өсетін, биіктігі 15-70 см-дей біржылдық ащы малазықтық шөп).*

**МАЙҚАП** з а т . з о о л . *Қара қоңыр жылтырағы бар өзендер мен көлдерді мекендейтін, салмағы 2,5 кг жыртқыш балық.*

**МАЙҚАРА** з а т . ө с . <лат. artemisia arenaria> *Шөл, шөлейтті жерлерде өсетін жусан туысына жататын шала бұта.*

**МАЙҚАРАҒАЙ** з а т . ө с . <лат. adies> *Бойында майы көп, жанғанда маздап жанатын, қарағай тұқымдасына жататын көпжылдық мәңгі жасыл ағаш.*

**МАЙҚАРАҒАН** з а т . ө с . <лат. calophaca> *Сабақтары бұтақталып келген, жұмыртқа*

*пішіндес жапырақтары кезектесіп орналасқан, гүл шоғыры сары не сарғыш, жемісі бұршақ тәрізді тау етектерінде, далалы жерлерде өсетін, биіктігі 50-100 см-дей көпжылдық бұта.*

**МАЙҚАРАЛЫ** сын. *Майқарасы көп, майқара өскен (жер).*

**МАЙҚОҒА** зат. өс. сөйл. ***Қоға.***

**МАЙҚОР** сын. *Майды жақсы көретін (адам).*

**МАЙҚОСПА** зат. тамақ. *Дәм беру үшін қамырға қосылған сүт, май, жұмыртқа т.б.*

**Майқоспа қамыр**. тамақ. *Сүт, май, жұмыртқа қосылып ашытылған қою немесе сұйық қамыр.* **Майқоспа нан өнімдері**. тамақ. *Қамырына 5-20% май, 10-25% қант және жұмыртқа қосылатын жоғары немесе бірінші сұрыпты ұннан пісірілетін майда нан өнімдері.*

**МАЙҚУРАЙ** зат. өс. *Сазды, көгалды жерде өсетін құрай.*

**МАЙҚҰБЫР** зат. тех. *Майды жіберуге арналған құбыр, құрылғы.*

**МАЙҚҰЛАҚ** зат. өс. *Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың бір түрі.*

**МАЙҚҰМАР**[1] зат. жерг. *Түйенің тұмаурату ауруы.*

**МАЙҚҰМАР**[2] сын. *Майды жақсы көретін, майжегіш.*

**МАЙҚЫШҚЫЛДЫ: майқышқылды бактериялар**. тамақ. *Қантты ашытып май және сірке қышқылын, газдар және т.б. өнімдер түзетін бактериялар.*

**МАЙЛА=** ет. **1.** *Бір затқа май жағу.* **2.** *Үйдің іші-сыртын сылақпен сылау, әкпен әктеу.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Ауызбастырық беріп, сөзін қойғызу, паралау.*

**Майлаған бидайдай**. *Майға қуырғандай, жып-жылтыр.* **Майлайтын майлар**. тех. *Механизмдердің үйкелетін бөлшектерін майлауға арналған, мұнайдың өңделген өнімдері немесе әртүрлі синтетикалық материалдар.* **Майлайтын майсауыт**. тех. *Майлау материалын қысыммен жеткізетін майсауыт.*

**МАЙЛАҒЫШ** сын. *Бірнәрсені майлауға арналған.*

**Майлағыш шприц**. тех. *Піспегі бар цилиндр іспетті, үйкелістегі денелерді майлауға пайдаланатын құрылым.*

**МАЙЛАҚЫЛАН=** ет. *Құнарлану, көріктену.*

**МАЙЛАН=** ет. **1.** *Май жағылу, май жиналу.* **2.** *Қоң жию, семіру.*

**МАЙЛАНДЫР=** ет. **1.** *Майлы еткізу, май жаққызу.* **2.** ауыс. *Азық-түлікпен мол етіп толтыру, қамтамасыз ету.*

**МАЙЛАНДЫРУ** *Майландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЛАНУ** *Майлан етістігінің қимыл атауы; май жиналу.*

**МАЙЛАС=** ет. *Бірге майлау, май жағысу.*

**МАЙЛАСУ** *Майлас етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЛАТ=** ет. сөйл. *Әктеу, әк жағу.*

**МАЙЛАТҚЫЗ=** ет. *Майлаттыру.*

**МАЙЛАТҚЫЗУ** *Майлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЛАТТЫР=** ет. *Май жаққызу.*

**МАЙЛАТТЫРУ** *Майлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЛАТУ** *Майлат етістігінің қимыл атауы; әктету.*

**МАЙЛАУ** *Майла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Май жағу.* **2.** тех. *Жанасатын тетіктер арасындағы үйкелісті азайтатын зат жағу.*

**Майлау жүйесі**. тех. *Үйкеліс беттерін майлайтын материалдарды әперу, оларды майлау құрылымдарының жиынтығы.* **Майлау төлке**. тех. *Үйкелмейтін бетке май беру төлкесі.*

**МАЙЛАУЛЫ** сын. *Майланған, майлап қойылған.*

**МАЙЛАУСЫЗ** сын. *Майланбаған, май жағылмаған.*

**МАЙЛАУШЫ** зат. *Бір нәрсені майлайтын адам, майлау ісін істеуші.*

**МАЙЛАУЫТ** сын. *Майбатпақтанған, батпағы былқылдап езілген. // Майбатпақтанған, батпағы былқылдап езілген жер.*

**МАЙЛЫ** сын. **1.** *Майы мол, майы көп.* **2.** ауыс. *Құнарлы, жұғымды, шүйгін.* **3.** ауыс. *Мол, берекелі.*

**Майлы айран**. тамақ. *Қаймақпен ұйытылған табиғи сүт.* **Майлы боран.** *Қойны-қонышқа кеулеп соғатын қарлы боран.* **Майлы бояулар**. құр. *Әліпмай негізінде дайындалған бояулар.* **Майлы дақылдар**. тамақ. *Тұқымында, дәнінде майдың мөлшері көп болатын, кенеуі жоғары май алу үшін өсірілетін дақылдар.* **Майлы дәндерді майдалау**. тамақ. *Қауыздалған дәндердің әртүрлі тәсілдермен майдаланып, майынан бөлінуі.* **Майлы екшегіш**. тех. *Майлауынан, майынан қоспаларды бөліп алу екшегі.* **Майлы зығыр.** өс. *Біржылдық, жылу сүйгіш, ылғалды аса қажет етпейтін өсімдік.* **Майлы көбік.** *Май араласқан көбік.* **Майлы күнжара**. тамақ. *Майлы дақылдарды өңдеу кезінде алынатын өнім; бағалы мал азығы.* **Майлы күйедей жұғады [жабысады].** *Жабысып қыр соңынан қалмайды, ұстаған жерінен айырылмайды.* **Майлы қасықтай.** бейн. *Жылтың қаққан пысық; жылпос.* **Майлы қасықтай [қасықша] жылпылдады [болды].** жағымсыз. *Іші-бауырына кірді; мәймөңкелесті, жалбақтасты.* **Майлы құрт**. этн. *Майын алмай қою сүттен ашытылып, қайнатылып жасалған құрт.* **Майлы қышқылдар**. кен. *Тотықты кендерді флотациялауда жинағыш реагенттер ретінде қолданылатын қышқылдар.* **Майлы сүзгіш**. кен. *Шаңды ауа майға шыланған әртүрлі заттар (металл не фарфор сақиналар, металл жоңқасы, әйнек талшықтар және т.б.) қабатынан тұратын, шаң осы заттардың бетіне жабысып қалып қоятындай болып жетілдірілетін аппарат.* **Майлы ішектей [шектей] айналдырды.** *Қыр соңынан қалмай басын айналдырды.*

**МАЙЛЫАҒАШ** зат. өс. ***Тунг ағашы.***

**МАЙЛЫҚ** зат. *Майлы нәрсені сүртетін орамал. // Күнделікті қара шаруаға киетін (киім). // Май сүртетін.*

**Майлығы мен сулығы бір**. *Үй шаруасына салақ (әйел туралы).* **Майлығы мен сулығына бірдей.** *Үйге де, түзге де, қалаға да, ауылға да бірдей; бес аспап (адам).* **Майлық орамал.** *Ет, палау сияқты ас желінген соң қол сүртуге берілетін орамал, сүлгі.*

**МАЙЛЫЛАУ** сын. *Майы көптеу, семіздеу.*

**МАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Майы көп болушылық; майдың мөлшерін білдіретін көрсеткіш.*

**МАЙЛЫРАҚ** сын. *Майы көбірек, молдау.*

**МАЙЛЫШӨП** зат. өс. <лат. sagina> *Жерге төселіп өсетін, жапырақтары жабысқақ шырын бөліп шығаратын шөптесін өсімдік.*

**МАЙЛЫШӨПТЕР** зат. геол. *Теңіздердің және тұщы сулы алаптардың түбіне жабысып тіршілік ететін жәндіктер.*

**МАЙ-МАЙ** сын. *Үсті-басы майға былғанған.*

**МАЙМАҚ** сын. **1.** *Аяғы қисық, талтақ.* **2.** *Маймаңдаған, маймаң-маймаң еткен. // Аю.* **3.** мед. *Аяғаға дәрумен жетіспеуден болған ауру салдары, қисық аяқ.* **4.** ауыс. *Мінезі жұмсақ, тым кішіпейіл.*

**Маймақ басты**. *Қисық басты, қисаңдай жүрді.* **Маймақ бота**. кәс. *Аяғының білезік буыны ішке не сыртқа қарай айналып біткен бота.*

**МАЙМАҚТАН=** ет. *Аяқ сүйегінің қисаюы.*

**МАЙМАҚТАНУ** *Маймақтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМАҚТАУ** сын. *Аздап қисықтау, қисайған.*

**МАЙМАҚТЫҚ** зат. *Аяқтың қисайып бітуі, бұраландап тұруы.*

**МАЙМАЛАҢДА=** ет. **1.** *Қисалаңдау, қисаңдау.* **2.** ауыс. *Бәйек болу, құрдай жорғалау.*

**МАЙМАЛАҢДАУ** *Маймалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМАН** зат. өс. <лат. juncus tenageia> *Елекшөптің бір түрі.*

**МАЙМАҢ**[1] зат. өс. <лат. heleoharis oxylepis> *Балықшөптің бір түрі.*

**МАЙМАҢ**[2] еліктеу. *Қисайып, теңселе, ақсап басқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Маймаң қақты**. а) *Қимылына көз ілеспеді, жорғалады.* ә) *Бәйек болды, құрдай жорғалады.*

**МАЙМАҢДА=** ет. **1.** *Маймаң қағу, ырғатылу, теңселу.* **2.** ауыс. *Құрдай жорғалау, бәйек қағу.*

**МАЙМАҢДАТ=** ет. *Маймаң қаққызу, құрдай жорғалату.*

**МАЙМАҢДАТУ** *Маймаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМАҢДАУ** *Маймаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМИ=** ет. *Қисаю, майысу, бүгілу.*

**МАЙМИТ=** ет. *Қисайту, майыстыру.*

**МАЙМИТУ** *Маймит етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМИЮ** *Майми етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМӨҢКЕ** зат. *Жанға тимей, турасын айтпай, жұмсартып, сыпайылап айтылған сөз.*

**МАЙМӨҢКЕЛЕ=** ет. *Турасын айтпай, тұспалдау; түлкі бұлаңға салып жағымпаздану.*

**МАЙМӨҢКЕЛЕТ=** ет. *Ашық сөзден, істен қашырту.*

**МАЙМӨҢКЕЛЕТУ** *Маймөңкелет етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙМӨҢКЕЛЕУ** *Маймөңкеле етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙ-МҰЙ** зат. сөйл. *Май-пай, оны-мұны.*

**МАЙМҰН** [ир. ميمون] зат. көне. ***Маймыл.***

**МАЙМЫЛ** [ир. ميمون] зат. **1.** зоол. <лат. simiae> *Приматтар отрядына жататын жылы климатты жерде мекендейтін сүтқоректі жануар.* **2.** *Дене құрылысы адамға ұқсас, денесін түк басқан жануар, мешін.* **3.** ауыс. *Біреуге еліктегіш адам.*

**МАЙМЫЛДЫҚ** зат. жағымсыз. *Адамда болатын еліктегіштік сияқты жағымсыз қасиет; маймылға тән қасиет.*

**МАЙМЫЛЖИДЕ** зат. өс. сөйл. ***Шырғанақ.***

**МАЙМЫЛША** үст. *Маймылға ұқсап, маймыл сияқтанып.*

**МАЙОНЕЗ** [франц. mayonnaise] зат. тамақ. **1.** *Жұмыртқаның сары уызынан, қышадан, күнбағыс майынан, сірке суынан жасалған қоспа.* **2.** *Пісірілген балық немесе тауық етіне дәмдеуіштер, көкөніс қосып қайнатып, қоюланған сорпа қосып дайындалған тағам.*

**МАЙОР** [лат. major] зат. әск. *Капитан мен подполковник дәрежесінің аралығындағы әскери атақ.*

**МАЙПАЗ** сын. *Жұмсақ, биязы.*

**МАЙПАЗДА=** ет. сөйл. *Мәнерлеу, әдемілеу, бипаздау.*

**МАЙПАЗДАН=** ет. сөйл. ***Бипаздану.***

**МАЙПАЗДАНУ** *Майпаздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙПАЗДАУ** *Майпазда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙПАЛАУ** зат. **1**. *Күріш не тарыдан майын көп қылып жасаған ботқа.* **2.** ауыс. *Олжа, табыс.*

**МАЙПАҢ** еліктеу. **1.** *Ебедейсіз, толық адамның, жұмсақ заттың қысқа қозғалысын бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Биязы, жұмсақ.*

**Майпаң басты.** а) *Теңселіп жай қозғалды.* ә) *Жағымпазданды, көлгірсіді.*

**МАЙПАҢДА=** ет. **1.** *Ырғалып теңселу, майпаң қағу, байпаңдау.* **2.** *Жорғалау, лыпылдау.* **3.** ауыс. *Біреудің асты-үстіне түсіп жағымпаздану, жағыну, бәйек қағу.*

**МАЙПАҢДАТ=** ет. *Жорғалату, байпаңдату.*

**МАЙПАҢДАТУ** *Майпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙПАҢДАУ** *Майпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙРАКЕБІС** зат. өс. *Крестгүлділер тұқымдасына жататын, гүлінің пішіні кебіске ұқсас жабайы өсімдік.*

**МАЙРАМПАЗ** зат. сөйл. *Сайқымазақ, күлдіргіш.*

**МАЙРАМПАЗДЫҚ** зат. сөйл. *Сайқымазақтық, күлдіргіштік.*

**МАЙРЫҚ** сын. *Иілгіш, икемді.*

**МАЙРЫЛ=** ет. сөйл. ***Майырыл.***

**МАЙРЫЛУ** *Майрыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСА** зат. *Шөбі қаулап өскен, көгалды жер.*

**МАЙСАҒЫЗ** зат. өс. ***Сағызшөп.***

**МАЙСАҚ** зат. зоол. *Үңгірде өмір суретін, дыбыс шағылысының жәрдемімен бағдарлау амалын жасайтын құстардың бір түрі.*

**МАЙСАҚТАН=** ет. жерг. *Майлану, шайырлану.*

**МАЙСАҚТАНУ** *Майсақтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСАЛМА** зат. тамақ. *Етсіз пісірілген қамырға күйдірілген сарымай не қуырылған ет пен пияз қосып дайындаған тағам.*

**МАЙСАЛЫ** сын. *Майсасы көп, көгалды.*

**Майсалы жайылым.** *Көк шөп, мал өріс.*

**МАЙСАНА** зат. өс. сөйл. ***Үпілмәлік.***

**МАЙСАҢ**[1] сын. жерг. *Май сіңген, майлы.*

**МАЙСАҢ**[2] сын. **1.** *Майсалы, көгалды, кілем гүлдер* **2.** ауыс. *Жанға жайлы, жұмсақ.* **3.** ауыс. *Бірқалыпты, жайлы.*

**МАЙСАҢДА=** ет. жерг. **1.** *Жүйткіту, екпіндету, жорғалату.* **2.** ауыс. *Жалбақтау, жайраңдау.*

**МАЙСАҢДАТ=** ет. *Жорғалату, екіндету.*

**МАЙСАҢДАТУ** *Майсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСАҢДАУ** *Майсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСАУМАЛДЫҚ** зат. өс. <лат. mayanthenum bifolium> сөйл. *Қоянжемнің бір түрі.*

**МАЙСАУЫТ** зат. тех. *Бөлшектердің үйкелісетін беттеріне майлау майларын жеткізетін құрылғы.*

**МАЙСҮЗГІ** зат. тех. *Майды шайырдан, әртүрлі механикалық бөлшектерден т.б. қоспалардан тазартуға арналған құрылғы.*

**МАЙСЫЗ** сын. **1.** *Майы жоқ, майы болмаған.* **2.** *Майланбаған, май жағылмаған.*

**МАЙСЫЗДАН=** ет. *Майы азаю, майын жоғалту.*

**МАЙСЫЗДАНДЫР=** ет. *Майдан арылту.*

**МАЙСЫЗДАНДЫРУ**[1] зат. хим. *Желімдеу, сырлау және гальваникалық т.б. процестер жүргізбес бұрын заттың бетін майлардан және басқа да майтекті заттардан тазалауға арналған технологиялық өңдеу.*

**МАЙСЫЗДАНДЫРУ**[2] хим. *Майсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСЫЗДАНУ**[1] зат. **1.** тех. *Желімдеу, сырлау және гальваникалық т.б. процестер жүргізбес бұрын заттың бетін майлардан және басқа да май текті заттардан тазалауға арналған технологиялық өңдеу.* **2.** хим. *Металл бетіндегі майларды ыдырататын сілті және электролиздік әдіс арқылы сабындандыру әдісі.*

**МАЙСЫЗДАНУ**[2] *Майсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙСЫЗДАУ** сын. *Майы аздау, майы жоқтау.*

**МАЙСЫЙЫМДЫЛЫҚ** зат. хим. *Пигменттер мен толтырғыштарды майлау үшін соларға жұғатын май мөлшерінің минималды қажеттігін жуықтап бағалауға арналған техникалық сипаттама.*

**МАЙСЫРА=** ет. *Майды қажетсіну, май жегісі келу.*

**МАЙСЫРАУ** *Майсыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙТАБАН**[1] зат. зоол. <лат. torus> *Тұяқтың артқы жағында орналасқан, пішіні жастық тәріздес серпімді тері туындысы.*

**МАЙТАБАН**[2] зат. аңш. *Қасқырдың семіріп, табанын май басқан кезі; оны аулауға қолайлы қазан, қараша айларына сәйкес мезгіл.*

**МАЙТАЛМАН** сын. **1.** *Сөзге жүйрік, тілге шебер, сегіз қырлы, бір сырлы (өнер иесі, адам).* **2.** ауыс. *Қу, жылпос, алаяқ.*

**МАЙТАЛМАНДЫҚ** зат. *Асқан шеберлік, өнерпаздық.*

**МАЙТАМЫР** зат. өс. <лат. symphytum> *Ылғалды жерлерде, суармалы шалғындарда өсетін, биіктігі 60-90 см-дей, айлауықтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МАЙТАСПА** зат. өс. <лат. astragalus onobrychis> *Таспа өсімдігінің бір түрі.*

**МАЙТҰНДЫРҒЫШ** зат. тех. *Сұйық майды тұндыруға арналған мәшиненің картеріндегі үлкен сұйық қойма.*

**МАЙТҰРАҚТЫЛЫҚ** зат. тех. *Май әсеріне төзімді болатын материалдардың қабілеті.*

**МАЙТҮБІТ** зат. саят. *Тоғыз жастағы бүркіт.*

**МАЙҰНТАҚ** зат. тех. *Қою консистенциялы заттардың қоспасы.*

**МАЙХАНА** зат. ***Мейрамхана.***

**МАЙША** зат. *Желкен.*

**МАЙШАБАҚ** зат. зоол. <лат. clupeidae> *Майшабақ тәрізділер отрядына жататын сүйекті балықтардың бір тұқымдасы.*

**Майшабақ тәрізділер.** зоол. <лат. clupeiformes> *Сүйекті балықтар класының нағыз сүйекті балықтар тобының отряды.*

**МАЙШАҒЫР** зат. жерг. *Бұтақсыз, жапырақсыз шөптің түрі.*

**МАЙШАҒЫРЛЫ** сын. *Майшағыр өскен.*

**Майшағырлы бұйрат.** *Қалың майшағыр өскен бұйрат.*

**МАЙШАМ** зат. *Маймен жанатын шам.*

**МАЙШЕЛПЕК** зат. *Оңай олжа, арзан дүние.*

**МАЙШЕТЕН** зат. өс. сөйл. ***Зәйтүн.***

**МАЙШӨП** зат. жерг. *Құмды жерлерде өсетін, көкшіл сұртамырлы жусан сияқты бұршікті шөп.*

**МАЙШӨРЕ** зат. өс. <лат. salsola crassa> *Соранның бір түрі.*

**МАЙШОҚЫРАҚ** зат. *Шабыстың жай, бірқалыпты емес баяу түрі.*

**МАЙШОЛПЫ** зат. жерг. *Тамақты, етті, бауырсақты сүзіп алатын тесік ожау.*

**МАЙШҰРҚАН** зат. этн. *Ұлттық тағамның ет, май, өкпе, бүйрек пен дәнді дақылды қосып пісірген түрі.*

**МАЙШЫ** зат. *Май жинайтын, май таситын кісі.*

**МАЙШЫЛ** сын. *Майжегіш, майқұмар.*

**МАЙЫҚ=** ет. *Майлану, майы жиналу.*

**МАЙЫП** [ар. معيوب]: **майып болды.** *Мертікті, кемтар болды, зақым көрді.*

**Майып болды.** *Бір жері сынды, зақымданды; мертікті.* **Майып қылды [етті].** *Зақымдады, кемтар жасады, мүгедек етті.*

**МАЙЫР** [ор. майор] зат. сөйл. ***Майор.***

**МАЙЫР=** ет. **1.** *Құралдың жүзін бір затқа ұрып майыстыру, жапыру.* **2.** ауыс. *Бетін қайтару, тауын шағу, тежеу.*

**МАЙЫРУ** *Майыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЫРЫЛ=** ет. *Жүзі қайырылып, майысып қалу.*

**МАЙЫРЫЛУ** *Майырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЫРЫЛТ=** ет. **1.** *Жүзін майыстыру.* **2.** ауыс. *Бетін қайтарып тастау.*

**МАЙЫРЫЛТУ** *Майырылт етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЫС=** ет. **1.** *Заттың ауыр салмақтан т.б. әсерден қабысып, бір жаққа қисаюы, иілуі я ішке қарай жапырылуы.* **2.** ауыс. *Сыпайылық көрсету, ізеттік жасау, сызылу.*

**МАЙЫСҚАҚ** сын. *Иілгіш, солқылдақ, серпімді.*

**МАЙЫСҚАҚТЫҚ** зат. **1.** *Майысқыштық, иілгіштік.* **2.** ауыс. *Сыпайылық, сыпайыгершілік.*

**МАЙЫСҚЫШ** сын. **1.** *Майысқақ, иілгіш.* **2.** ауыс. *Тез бейімделгіш, әсерге тез түскіш.*

**МАЙЫСТЫР=** ет. *Өткір нәрсенің жүзін қайыру, қатты нәрсені күшпен ию, жапыру.*

**МАЙЫСТЫРУ** *Майыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЫСТЫРЫЛ=** ет. *Күшпен иілдіріп, формасының өзгертілуі.*

**МАЙЫСТЫРЫЛУ** *Майыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАЙЫСУ** *Майыс етістігінің қимыл атауы.*

**МАКАКА** [лат. macaca] зат. зоол. *Мартышкалар тұқымдасының туысына жататын, дене тұрқы 40-75 см, құйрығы ұзынды-қысқалы болатын тар танаулы маймыл түрі.*

**МАКАРОН** [итал. maccheroni] зат. тамақ. *Түтік сияқты ішін қуыс етіп жасап кептірген қамыр кеспе.*

**МАКЕТ** [франц. maquette] зат. **1.** *Бір нәрсенің алдын ала кішірейтіп істелген үлгісі, жобасы (театрдағы қойылымдарды декорациялауда, полиграфияда, сәулет өнері мен құрылыс ісінде).* **2.** әск. *Нақты қаруды істен шығару немесе оның әрекетін қиындатуға арналған қарудың (мыс., оқтұмсық) құрамдас бөлігі немесе оның жүйесінің көшірмесі.*

**МАКЕТТЕ=** ет. *Бір нәрсенің макетін жасау.*

**МАКЕТТЕЛУ** *Макеттел етістігінің қимыл атауы.*

**МАКЕТТЕУ** *Макетте етістігінің қимыл атауы.*

**МАКЕТШІ** зат. полигр. *Макет жасаушы адам.*

**МАКИАВЕЛЛИЗМ** зат. саяси. *«Мемлекет мүддесі» деген жалаң ұранға сүйенетін бір жақты пайдакүнемдікке тойтарыс беретін, саяси іс-қимылдарды адамгершілік принциптіне негіздейтін көзқарас.*

**МАКИНТОШ** зат. *Су өтпейтін, резина тектес матадан (осы матаны ойлап тапқан шотланд химигі Макинтоштың атымен аталған) істелген жұқа, жеңіл пальто.*

**МАКИЯЖ** [франц. maquillage] зат. *Бет терісінің кемшіліктерін жасыруға, беттің әсемдігін күшейту мақсатында косметиканы бетке жағу.*

**МАККАРТИЗМ** зат. саяси. *XX ғасырдың 50-жылдарындағы Америкадағы ілгерішіл қозғалысқа қарсы бағытталған реакцияшыл билік саясаты.*

**МАКЛЕР** [нем. Makler] зат. экон. ***Делдал*** *(сауда және биржалық келісімдер жасағанда арада жүретін кәсіби тұлға).*

**МАКЛЕРИАТ** зат. экон. *Мәміле жасасу кезінде делдалдық және өкілдік міндеттер атқаратын маклерлерден тұратын биржа қызметі.*

**МАКЛЕРЛІК** зат. экон. *Маклер кәсібі, биржа мәмілесіндегі делдалдық.*

**МАКРО...** [грек. makros] *Шет тілінен енген күрделі сөздердің «үлкен», «ірі» деген ұғымдарды білдіретін алдыңғы құрам бөлігі.*

**МАКРОАНЫҚТАМАЛАР: макроанықтамалар кітапханасы.** инф. <ағыл. macrodefinition library> *Макроанықтамалары бар кітапхана.*

**МАКРОАССЕМБЛЕР** [ағыл. macroassembler] зат. инф. **1.** *Макрокоманданы анықтау және шақыру мүмкіндігі бар ассемблерлік бағдарлама.* **2.** *Макрокомандаларды анықтау мен пайдалану құралдарын қамтитын ассемблер тілінен аударғыш.* **3.** *Базалық тіл ассемблер болып саналатын макропроцессор.*

**МАКРОБАҒДАРЛАМА** зат. инф. <ағыл. macro program> *Макроанықтамалар, макрошақырулар немесе шартты макрооперациялау құралдары қолданылатын бағдарлама.*

**МАКРОБАҒДАРЛАМАЛАУ** зат. инф. <ағыл. macroprogramming> *Макроқұралдарды қолдана отырып бағдарламалау.*

**МАКРОБАСҚАРУ** зат. инф. <ағыл. macro control> *Модульдік деңгейде, оның жеке құрауыштарын емес, тұтастай күрделі жүйені басқару.*

**МАКРОБЕДЕР** зат. геогр. ***Макрорельеф***

**МАКРОБӨЛШЕК** зат. хим. **1.** *Тәртібі әлі де классикалық механиканың заңдарымен өрнектелетін ең кіші материялық нысана.* **2.** *Материялық ағынның элементі.*

**МАКРОГАМЕТА** зат. биол. *Үлкен аналық жыныс жасушасы.*

**МАКРОГЕНИТОСОМИЯ** зат. мед. *Балалардың ерте дамуына байланысты жыныстық мүшелерінің тым үлкейіп кетуі.*

**МАКРОГЛОССИЯ** зат. мед. *Тілдің шамадан тыс үлкеюі.*

**МАКРОЖҮЙЕ** зат. инф. <ағыл. macro system> *Макротіл мен макрогенераторды енгізу есебінен ассемблер тілінде бағдарламалау жүйесін кеңейту.*

**МАКРОДЕНЕ** зат. хим. *Құрамында иондық функционалдық топтары бар макромолекулалар.*

**МАКРОИОНДАР** зат. хим. *Құрамында иондық функционалдық топтары бар макромолекулалар.*

**МАКРОКЕҢЕЙТУ** зат. инф. <ағыл. macro expansion> *Макрокеңейтудің басқаруымен макрокоманданы өңдеу кезінде макрогенератор тудыратын және макрокоманданың орнына бағдарламаға қойылатын сөйлемдердің тізбегі.*

**МАКРОКИНЕТИКА** зат. хим. *Химиялық өзгерістердің тасымалдау процестерімен өзара байланысын қарастыратын химиялық кинетиканың бөлімі.*

**МАКРОКОМАНДА** зат. инф. <ағыл. macro instruction, macro> **1.** *Бағдарлама құрамындағы жиі пайдаланылатын командалар, процедуралар блогын ұсынатын команда.* **2.** *Шартты түрдегі бір жаңа команда рөлін атқаратын және сақталатын бірнеше пернелер қосындысы.*

**Макрокоманданы кеңейту**. инф. <ағыл. macro instruction extension> *Команданы оның мнемоникалық кодтық жазбасына дейін ассемблермен кеңейту.*

**МАКРОКОСМОС** [грек. makros – ұзын, үлкен, kosmos – ғарыш] зат. филос. *Ежелгі адам және әлем туралы натурфилософиялық тұжырымдаманың бірі.*

**МАКРОКРИСТАЛДЫҚ: макрокристалдық құрылым**. геол. *Түйірлері көзбен көрінетін шөгінді таужыныстардың құрылымы.*

**МАКРОҚҰРАЛ** зат. инф. <ағыл. macro facility> *Макротіл құралдары және макроөндіруді жасақтайтын кез келген құрал.*

**МАКРОМАРКЕТИНГ** [грек. makros – ұзын, үлкен, ағыл. marketing – базар] зат. экон. *Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін басқарудың маркетинг қағидаттарына негізделген жүйесі.*

**МАКРОМОЛЕКУЛА** [грек. makros – ұзын, үлкен, лат. molecula – химиялық бөлшек] зат. хим. *Өте көп атомдардың не атом топтарының бір-бірімен химиялық байланысуы нәтижесінде түзілген полимердің молекуласы.*

**МАКРОНУКЛЕУС** зат. биол. *Кебісшелердің ірі ядросы.*

**МАКРООРТА** зат. әлеум. *Ұйымның (кәсіпорынның, фирманың, компанияның) қызметіне елеулі ықпал ететін демографиялық, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени т.б. түрткі жайттардың жиынтығы.*

**МАКРОПАРАМЕТР** [ағыл. macro parameter] зат. инф. *Макрокоманданы пайдалану кезінде мәнін бағдарламашы телитін символдық параметр.*

**МАКРОПРОЦЕССОР** [ағыл. macroprocessor] зат. инф. *Тәуелсіз немесе кейбір бағдарламалау жүйесінің құрамына кіретін әрі макротілден белгілі бір базалық тілге аударғыш.*

**МАКРОПСИЯ** [грек. makros – үлкен, opsis – көру] зат. пед. *Алыс заттардың көзге үлкен болып көрінуі.*

**МАКРОСЕМЬЯ** зат. лингв. *Туыстас тілдердің ірі шоғыры, тобы.*

**МАКРОСОМИЯ** зат. мед. *Алыптылық, нәрестенің алыптылығы.*

**МАКРОСОЦИУМ** зат. *Қоғам, әлеуметтік топ.*

**МАКРОСТОМИЯ** зат. мед. *Ауыздың шамадан тыс үлкендігі.*

**МАКРОСҰРАНЫМ** зат. экон. *Ірілендірілген тауар топтамаларына немесе жалпы барлық тауарларға ұсынылатын сұраным.*

**МАКРОТАЛДАУ** зат. хим. *Заттардың әжептәуір көп мөлшерінде (0,5-1 г) қолданылатын химиялық талдау.*

**МАКРОТИЯ** зат. мед. *Құлақ қалқанының шамадан тыс үлкендігі.*

**МАКРОТІЛ** зат. инф. <ағыл. macro language> *Макрокомандаларды анықтау мен пайдалану құралдарын қамтитын тіл.*

**МАКРОФАГТАР** зат. биол. <ағыл. macros – ұзын, үлкен, phagos – жегіш> *Жануарлар ағзасындағы мезенхим туыстас жасушалар.*

**МАКРОХИМИЯЛЫҚ: макрохимиялық талдау.** хим. *Қойылған мақсатқа жету үшін массасы 100 мг-нан немесе көлемі 1 мл-ден көп үлгі қажет ететін талдау әдісі*

**МАКРОФАЛАНГИЯ** зат. мед. *Бунақтардың шамадан тыс ұзындығы.*

**МАКРОФАЦИЯЛАР** зат. хим. *Бірнеше мезофациядан құралатын, өзара бір-бірімен парагендік байланыста болатын топтары формациялардың құрам бөліктері рөлін атқаратын бірінші дәрежелі немесе ең ірі фациялар.*

**МАКРОЭВОЛЮЦИЯ** [ағыл. macro – ұзын, үлкен, лат. evolutio – эволюция, даму] зат. биол. *Тарихи тұрғыдан өте ұзақ уақыт аралығында түрлерден де жоғарырақ тұрған систематикалық топтардың (туыс, отряд т.б.) пайда болуындағы эволюциялық процесс.*

**МАКРОЭКОНОМИКА** [ағыл. macro – ұзын, үлкен, грек. oikonomike – экономика] зат. экон. **1.** *Экономиканы тұтас алып зерттейтін ғылым саласы.* **2.** *Экономиканың аса маңызды құрамдас жиынтығы.*

**МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. экон. *Макроэкономикаға тән, макроэкономикаға қатысты.*

**Макроэкономикалық жоспар.** экон. *Белгілі бір кезеңде елдің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарын жасауды, оны жүзеге асыруды ұйымдастыру мен орындалуын бақылауды қамтитын жоспар.* **Макроэкономикалық үлгі**. экон. *Елдің ұлттық шаруашылығының біртұтас шаруашылық ретінде жұмыс істеуін бейнелейтін экономикалық-математикалық үлгі.*

**МАКРОЭЛЕМЕНТТЕР** зат. хим. *Өсімдіктерге, басқа да тіршілік иелеріне өте қажет және едәуір мөлшерде болатын химиялық элементтер немесе олардың тотығы.*

**МАКРОЭНЕРГИЯЛЫҚ: макроэнергиялық қосылыстар**. хим. *Энергияға бай, ыдырағанда көп энергия бөліп шығаратын биоорганикалық қосылыстар.*

**МАКСИМУМ** [лат. maximum] зат. **1.** *Ең көп, ең жоғарғы, барынша мол шама.* **2.** мат. *Функцияның ең үлкен мәні.* **3.** физ. *Атмосфералық қысымның ең жоғары нүктесі.*

**МАКУЛАТУРА** [лат. maculare] зат. *Қағаз фабрикаларында қайта өңделетін шикізат есебінде пайдаланылатын, қолдану мерзімі біткен қағаз, картон бұйымдары және полиграфиялық өндіріс қалдықтары.*

**МАҚАЛ** [ар. مقال] зат. **1.** *Түйінді ойды білдіретін ықшамды, ырғақты нақыл сөз.* **2.** әдеб. *Халық поэзиясының жанрлық түрі, түйінді ойды білдіретін, тура мағынасына орай астарлы мағына да бере алатын, үлгі-өнеге ретінде айтылатын ықшамды нақыл сөз.*

**Мақал болып қалды**. *Нақыл сөзге, түйінді ойға айналды, ел есінде сөз түрінде қалды.*

**МАҚАЛА** [ар. مقاله] зат. **1.** *Белгілі бір газетте, журналда жарияланатын ғылыми, публицистикалық, көлемі шағын шығарма.* **2.** инф. <ағыл. article> *Интернет желісінде жаңалықтар тобының хабарламасы.* **3.** жур. *Журналистикадағы негізгі жанрлардың бірі.*

**МАҚАЛДА=** ет. *Сөйлеген сөзде мақал келтіріп сөйлеу, айшықтап, тақпақтап көркем сөйлеу.*

**МАҚАЛДАТ=** ет. *Мақалды орынды қолданып сөйлеу.*

**МАҚАЛДАТУ** *Мақалдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚАЛДАУ** *Мақалда етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚАЛКЕШТІК** зат. экспр. *Орынды, орынсыз мақал айтып сөйлеуге бейімділік.*

**МАҚАЛ-МӘТЕЛ** зат. *Әр ұлт тілінде өмірлік тәжірибеден алынған ғасырдан-ғасырға жетіп отыратын тәрбиелік мәні бар ықшам құрылған нақыл сөздердің жиынтығы; мақалдар мен мәтелдер.*

**МАҚАЛШЫЛ** сын. *Мақалға үйір, мақалдағыш.*

**МАҚАМ** [ар. مقام] зат. **1.** *Мәнеріне, нақышына келген әуезді үн, жағымды дауыс, әуен.* **2.** ауыс. *Көңіл күй, ықылас.*

**МАҚАМДА=** ет. *Мақамына келтіру, ырғағына салу.*

**МАҚАМДАТ=** ет. *Мақамына келтіріп оқу.*

**МАҚАМДАТУ** *Мақамдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚАМДАУ** *Мақамда етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚАМДЫ** сын. *Нақышына келген, мақамға сай, әуенді.*

**МАҚАМШЫЛ** сын. *Мақамдап сөйлей білетін.*

**МАҚАР** сын. сөйл. *Тапал бойлы, қортық.*

**МАҚАРЛАУ** сын. *Тапалдау, қортықтау.*

**МАҚАРЛЫҚ** зат. *Аласа бойлылық, тапалдық.*

**МАҚАУ** сын. **1.** *Сөйлеу қабілетінен айырылған, тілі жоқ, мылқау.* **2.** ауыс. *Бір нәрседен жөнді хабары жоқ, түйсіксіз (адам).* **3.** ауыс. *Шектеулі, икемсіз, байлаулы, олақ.*

**МАҚАУЛАН=** ет. *Бірдеңені білсе де, білмегенсу, сезсе де, сезбегендей болу.*

**МАҚАУЛАНУ** *Мақаулан етістігінің қимыл атауы*

**МАҚАУЛАУ** сын. *Тілінің аздап мүкістігі бар.*

**МАҚАУЛЫҚ** зат. *Мақау болғандық, тілі анық еместік.*

**МАҚАУПЕС** сын. жерг. **1.** *Адам денесі шіріп ауыратын науқас, қатерлі ауру.* **2.** ауыс. *Жындысурей, жындыкеш.*

**МАҚАУПЕСТЕУ** сын. жерг. *Жындыкештеу, мақаулау.*

**МАҚЛҰҚ** [ар. مخلوق] зат. **1.** *Жан-жануар, жәндіктің жекелеген өкілі.* **2.** ауыс. *Ақыл-парасат деңгейі төмен, топас (адам).* **3.** ауыс. *Тірі жан иесі, жаратылған пенде.*

**МАҚЛҰҚАТ** [ар. مخلوقات] зат. ескікіт. **1.** *Бүкіл жан-жануар, жәндік біткен.* **2.** зоол. <лат. fauna> *Белгілі бір аумақта мекендейтін немесе жер тарихының белгілі бір кезеңінде тіршілік еткен барлық жануарлар түрлерінің жиынтығы.*

**МАҚЛҰҚАТЫ** зат. қолөнер. *Хайуанаттар тақырыбындағы ою-өрнектер.*

**МАҚЛҰҚША** үст. *Мақлұққа ұқсап, мақлұқ сияқтанып.*

**МАҚПАЛ** [ир. مخمل] сын. **1.** *Тығыз тоқылған түкті әрі жұмсақ, қалың мата, барқыт.* **2.** ауыс. *Жұмсақ, майда.* **3.** ауыс. *Мақпал секілді.*

**Мақпал сәукеле.** этн. *Мақпал матадан тігілген қалыңдықтың бағалы баскиімі.*

**МАҚПАЛДАЙ** сын. *Жұмсақ, майда.*

**МАҚПАЛДАН=** ет. *Жұмсару, майдалану, барқыттану.*

**МАҚПАЛДАНУ** *Мақпалдан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚПАЛШӨП** зат. өс. *Майда, әрі жұмсақ шөптің бір түрі.*

**МАҚРҰМ** [ар. محروم] сын. *Құр алақан, жұрдай, бос.*

**МАҚСАРЫ** зат. өс. тамақ. <лат. carthamnus> *Күрделігүлділер тұқымдас біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы; майлы дақыл.*

**МАҚСАТ** [ар. مقصد] зат. **1.** *Белгілі бір нысанаға жету жолында қойылған міндет, нысана.* **2.** *Тілек, арман, мұрат.* **3.** пед. *Алда орындалатын әрекет нәтижесінің айқын бейнесі.* **4.** психол. *Ойлау процесі нәтижесінде алдын ала болжау арқылы туатын мұрат, ішкі қозғаушы күш.*

**Мақсат градиенті**. пед. *Мақсатқа дейінгі «психологиялық қашықтыққа» байланысты іс-әрекетті тудыру күшінің өзгеруі.* **Мақсат етті [қойды].** *Алда орындауға тиісті әрекет ретінде көздеді, алдына мақсат қып қойды.* **Мақсат көрді**. *Міндет санады.* **Мақсатқа жетті**. *Ойлағанын орындады, ойындағысын жүзеге асырды, дегені болды.* **Мақсатқа талпынушылық**. пед. *Алға қойған мақсатын қайткен күнде де орындап шығудан, бастаған істі нәтижелі етіп тындырудан көрінетін ұнамды қасиет.* **Мақсаттар базасы**. инф. *Сараптау жүйесінің ретін анықтайтын, жүйені әрекетке итермелейтін түрткі қасиеттерін іске асыруды жасақтайтын және пәндік саланың мақсаттық сипаты туралы ақпараты бар сараптау жүйесінің құраушысы.* **Мақсат тұту.** *Мақсат қою, мақсат көздеу.* **Мақсат іздеді**. *Ізденді, талапт анды.*

**МАҚСАТКЕРЛІК** зат. **1.** *Мақсат қойғыштық, арманшылдық.* **2.** пед. *Алға қойған мақсатын қайткен күнде де орындап шығудан көрінетін жақсы қасиет.*

**МАҚСАТ-МІНДЕТ** зат. *Алға қойылған мақсат пен орындалуға тиісті міндеттердің жиынтығы.*

**МАҚСАТСЫЗ** сын. *Алға қойған мұраты жоқ, мәнсіз, арман-мүддесіз, қалай болса солай.*

**МАҚСАТСЫЗДЫҚ** зат. *Мақсаты жоқтық, мақсат қоймағандық.*

**МАҚСАТТАН=** ет. *Алға мұрат қою, талаптану, ұмтылу.*

**МАҚСАТТАНУ** *Мақсаттан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚСАТТАС** сын. *Пікірлес, ниеттес, мақсаты бір.*

**МАҚСАТТЫ** сын. *Белгіленген, нысанаға алған, мақсат еткен.*

**Мақсатты басқару**. экон. *Тәуелсіз төрт кезеңнен тұратын процесс, олар: мақсаттардың айқын да қысқа тұжырымдамасын жасау; оларға қол жеткізудің нақты жоспарларын жасау; жұмыстың сапасы мен нәтижелерін ұдайы бақылауға алу; жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін түзету шараларын қолданып отыру.* **Мақсатты жазба**. инф. а) *Іздестіру сұранысының шарттарын қанағаттандыратын жазба.* ә) *Ізделетін жазба.* **Мақсатты комитет**. экон. *Белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылған уақытша топ.* **Мақсатты қарыз**. экон. *Қаражат қатаң түрде күні бұрын межеленген арнаулы мақсатқа пайдалану шартымен мемлекет тарапынан берілетін қарыз.* **Мақсатты маркетинг**. экон. *Кәсіпорынның маркетингілік қызметінің түрі.* **Мақсатты өнім.** экон. *Берілген технологиялық үдерістің жүруінен шығатын басты өнім.* **Мақсатты рынок**. экон. *Сатушы маркетингілік күш-жігерді жұмылдырмақ ниетте болған сатып алушылар тобы.* **Мақсатты тізім**. инф. *Қатынастық санауда – жаңа қатынасты бейнелейтін атрибуттар тізімін анықтайтын, альфа-өрнек түрінде ұсынылған сұраныс құрылғысының бірінші бөлігі.*

**МАҚСАТТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Мақсат қоя білушілік, ниеттестік, тілектестік.* **2.** психол. *Адамның өткендегі тәжірибесіне сүйеніп, белгілі бір іс-әрекетті (қабылдау, ойлау, белгілі бір мақсатқа бағытталған қимыл-әрекетті және т.б.) орындауға дайындығы, көңіл күйінің бір нәрсені қабылдауға бейімділігі.*

**МАҚСАТШЫЛ** сын. *Мақсат қойғыш, талапты.*

**МАҚСУРА** [ар.مقصوره] зат. діни. *Мешіттегі белгілі адамдарға арналған павильон.*

**МАҚСҰД** [ар. مقصود] зат. ескікіт. ***Мақсат.***

**МАҚСҰТ** [ар.مقصود] зат. ескікіт. **1.** ***Мақсат.*** **2.** *Арман, түпкі мүдде.*

**Мақсұт қылды**. *Армандады, арман етті.*

**МАҚСЫМ**[1] зат. жерг. **1.** тамақ. *Бозаның түрі.* **2.** *Бидай, тары т.б. дәнді дақылдан жасалатын ішімдік.*

**МАҚСЫМ**[2] зат. жерг. *Суландыру арқылы өнетін дән.*

**МАҚСЫМ**[3] [ар. معصوم] зат. жерг. *Дін оқуындағы шәкірт.*

**МАҚСЫР** зат. өс. *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**МАҚТА** зат. өс. <лат. gossypium> **1.** *Басында қауашақты ақ ұлпа өсетін техникалық өсімдік.* **2.** *Осы өсімдіктің ақ ұлпа талшығы.* **3.** хим. *Тығыздығы аз болып келетін көлемді талшықты материал.*

**Мақта балдағы**. кәс. *Мақта сабағы.* **Мақта мата.** *Мақтадан тоқылған кездеме.* **Мақтамен бауыздады**. *Сөзбен сазайын берді, жер қылды; қалжыңды, уәжді сөзбен мысын құрта жержебіріне жетті, әбден ұялтты.*

**МАҚТА=** ет. *Біреуді немесе бір затты ерекше дәріптеп сөйлеу, мадақтау.*

**МАҚТАКЕР** зат. жерг. кәс. *Мақташы, мақта өсіруші.*

**МАҚТАЛ=** ет. *Жоғары бағалану, дәріптелу.*

**МАҚТАЛУ** *Мақтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАЛУ** *Мақтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАЛЫ** сын. **1.** *Мақта өсетін, мақтасы көп.* **2.** *Мақта салған, мақтасы бар.*

**Мақталы шалбар**. *Күн суықта киюге арналған, астарының ішіне мақта салып тіккен қалың шалбар.* **Мақталы шапан**. *Мақта салып, сырып тігілген күздік, қыстық киім.*

**МАҚТАЛЫҚ** зат. *Мақта егетін егіндік жер.*

**МАҚТА-МАТА** зат. *Мақта мен мата.*

**Мақта-мата комбинаты**. *Мақтадан мата тоқитын комбинат.* **Мақта-мата таңғыш**. әск. *Табельдік қорғау құралдары болмаған жағдайда тыныс органдарын қорғайтын қарапайым қорғаныш құралдары.*

**МАҚТАН** зат. *Мақтаныш, бетке ұстар нәрсе.*

**Мақтанға орналастырды.** бейн. *Мақтанды, мақтаныш көрді.* **Мақтан етті [тұтты].** *Мақтанды, мақтаныш қылды, дәріптеді.* **Мақтан кеуледі.** *Мақтаншақтыққа салынды.* **Мақтан қуды**. *Дәріптеуді ұнатты, мақтаншақтыққа салынды.* **Мақтанның құлы**. *Мақтаншақтыққа берілген, мақтау алу үшін ғана әрекет ететін адам.* **Мақтан сүйгіш.** *Мақтан құмар, мансапқор, өзімшіл.* **Мақтан сүйді**. *Дәріптегенді, мадақтағанды ұнатты.* **Мақтан іздеді**. *Мақтаншақтыққа салынды, мақтауға құмартты.*

**МАҚТАН=** ет. **1.** *Өзін-өзі дәріптеу, бөсу.* **2.** жағымсыз. *Бөсу, лепіру.*

**МАҚТАНАРЛЫҚ** сын. *Мақтан тұтарлық, бетке ұстарлық.*

**МАҚТАНГЕРШІЛІК** зат. сөйл. ***Мақтаншақтық.***

**МАҚТАНГӨЙЛЕ=** ет. *Мақтану, мақтан қуу.*

**МАҚТАНДЫР=** ет. *Мақтаныш сезіміне бөлендіру, масаттандыру.*

**МАҚТАНҚҰМАР** сын. *Мақтау сүйгіш, мақтаншақ.*

**МАҚТАНСЫЗ** сын. *Мақтау айтуды, мақтануды сүймейтін (адам).*

**МАҚТАНТОРҒАЙ** зат. зоол. <лат. sylviidae> *Торғай тәрізділер отрядына жататын сайрағыш құстар тұқымдасы.*

**МАҚТАНУ** *Мақтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАНШАҚ** сын. *Мақтануды сүйетін, өзін-өзі асыра бағалайтын, бөспе.* // психол. *Өзін дәріптегенді ұнататын, мақтанып жүретін адам.*

**Мақтаншақ мінез.** *Желөкпе, көпірме, дарақы, күпілдек мінез.*

**МАҚТАНШАҚТАУ** сын. *Аздап мақтау сүйгіш, бөспелеу.*

**МАҚТАНШАҚТЫҚ** зат. **1.** *Мақтау сүйгіштік, бөспелік.* **2.** психол. *Өзін дәріптеуді сүйетін адам мінезінің нашар жағы.*

**МАҚТАНШЫЛЫҚ** сын. *Мақтанушылық, мақтангөйлік.*

**МАҚТАНЫҢҚЫРА=** ет. *Мақтана түсіңкіреу; мақтанғанның үстіне мақтану.*

**МАҚТАНЫҢҚЫРАУ** *Мақтаныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАНЫС=** ет. *Бір-біріне мақтану.*

**МАҚТАНЫСУ** *Мақтаныс етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАНЫШ** зат. **1.** *Асқан ризашылықтан туатын көңіл күйі, қуаныш.* **2.** пед. *Адамның өзінің не басқалардың (басқа адамның, топтың, елдің және т.б.) жетістіктері мен сіңірген еңбегін жоғары бағалауын білдіретін, олардың биік адамгершілік құндылықтар мен үлгілерге сай келетінін ұғыну сезімі.* **3.** психол. *Тұлғаның өзінің қадір-қасиетін, өзін өзі сыйлауы мен құрметтеуін бейнелейтін моральдық сезім.* // *Мақтанған, масаттанған.*

**Мақтаныш биледі.** *Мақтанды, шаттанды.* **Мақтаныш көрсетті**. *Мақтан тұтты, масаттанушылықпен білдірді, мақтан етті.*

**МАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Мақтай түсу, көңілін көтеру.*

**МАҚТАҢҚЫРАУ** *Мақтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАП-МАҚТАП** үст. *Мақтауын жеткізіп, қайта-қайта мақтап, қолпаштап.*

**МАҚТАС=** ет. *Бірігіп мақтау.*

**МАҚТАСУ** *Мақтас етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАТ=** ет. *Мақтау сөзін айтқызу, мадақтату, дәріптету.*

**МАҚТАТУ** *Мақтат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚТАУ**[1] зат. *Біреудің зор еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғары баға.*

**Мақтау грамотасы [қағаз].** *Оқудағы, еңбектегі үздік жетістіктері үшін берілетін марапаттау, алғысхат.* **Мақтау өлең**. әдеб. *Мадақ жыр.* **Мақтау сөз**. *Мақтап, көтермелеп айтқан пікір.* **Мақтау сүйеді.** *Мақтанқұмар, мақтаншақ, мақтағанды ұнатты.*

**МАҚТАУ**[2] *Мақта етістігінің қимыл атауы; дәріптеу.*

**МАҚТАУЛЫ** сын. *Беткеұстар, алдыңғы, озат.*

**МАҚТАШӨП** зат. өс. <лат. panderia> *Сортаңды, тұзды жерлерде, шөл далаларда өсетін, биіктігі 10-50 см-дей біржылдық өсімдік.*

**МАҚТАШЫ** зат. кәс. **1.** *Мақта өсіру шаруашылығымен шұғылданатын адам.* **2.** *Мақта теруші, терімші.*

**МАҚТАШЫЛЫҚ** зат. *Мақта шаруашылығын кәсіп етушілік.*

**МАҚҰЛ** [ар. معقول] зат. мод. **1.** *Күп, жақсы, жарайды деп келісім білдіретін модаль сөз.* **2.** ауыс. *Дұрыс, жөн.* **3.** ауыс. *Жақсы, ақылды.*

**Мақұл болды**. а) *Бағынды, келісті, мойындады.* ә) *Жөн болды, дұрыс болды.* **Мақұл көрді**. *Құптады, дұрыс деп санады, қолдады.*

**МАҚҰЛДА=** ет. *Қоштау, құптау, жөн көру.*

**МАҚҰЛДАН=** ет. *Қолдау табу.*

**МАҚҰЛДАНУ** *Мақұлдан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚҰЛДАС=** е т. *Келісу, құптасу.*

**МАҚҰЛДАСУ** *Мақұлдас етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚҰЛДАТ=** е т. *Қоштату, құптату.*

**МАҚҰЛДАТТЫР=** е т. *Қоштаттыру.*

**МАҚҰЛДАТТЫРУ** *Мақұлдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚҰЛДАТУ** *Мақұлдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚҰЛДАУ**[1] з а т. **1.** п е д. *Зерттеу барысында болжамның оң не терістігін анықтау мақсатында жүзеге асырылатын тәжірибелік байқау сынағы.* **2.** з а ң. <лат. ratificatio> *Халықаралық шартты бекітудің соңғы сатысы.*

**Мақұлдау грамотасы**. с а я с и. *Мақұлдауды жүзеге асырудың халықаралық құқықтық құжаты.* **Мақұлдаумен болды.** *Үнемі мақұлдап отырды, қостады.*

**МАҚҰЛДАУ**[2] *Мақұлда етістігінің қимыл атауы.*

**МАҚҰЛДАУШЫ** з а т. *Қостаушы, құптаушы.*

**МАҚҰЛДЫҚ** з а т. *Келісімге келушілік, құптаушылық, ризашылық.*

**Мақұлдық алу.** *Ризашылық келісімін алу.*

**МАҚҰЛЫҚ** [ар. مخلوق] з а т. **1.** *Жан-жануар, жәндік.* **2.** а у ы с. *Надан, топас.* **3.** ауыс. *Есерсоқ, әумесер, жынды.*

**МАҚҰЛЫҚТЫҚ** з а т. **1.** *Мақұлыққа тән қасиет, жан-жануар, жәндікке қатысты сипаты болушылық.* **2.** ауыс. *Есерсоқтық, әумесерлік.*

**МАҚҰРЫМ** с ы н. с ө й л. ***Мақрұм.***

**Мақұрым тастады**. *Жұрдай қылды, дымсыз тастады, бос қалдырды.*

**МАҚЫРАП** [ар. محراب] з а т. д і н и. *Мешіттің ішіндегі имам тұратын орын.*

**МАҚШАР** [ар. محشر] з а т. д і н и. ***Махшар*** *(ақырзаманда қайтадан тірілген адамдардың жиналатын, олардың күнәсін тексеретін орын).*

**Мақшар күні.** д і н и. ***Махшар күні.***

**МАҚШҰҚ** [ар. معشوق] з а т. е с к і к і т. *Сүйіктісі, ғашығы.*

**МАЛ** з а т. **1.** *Төрт түлік үй жануарлары.* **2.** *Жылқы.* **3.** *Сиыр, сауын мал.* **4.** *Бір нәрсенің пұлы, төлемі; қалыңмал.* **5.** а у ы с. *Табыс, дүние, мүлік, дәулет.* **6.** а у ы с. *Надан, топас; есерсоқ кісі.*

**Мал азайды**. *Дәулеті ортайды, бұрынғы жиған малы кеміді.* **Мал айдады**. *Малды табынымен жайлауға, күзеуге; сатуға, ет комбинаттарына т.б. өргізіп апарды.* **Мал айдатты**. *Жайлауға, жаңа жайылымға, базарға т.б. малды табын-табынымен жіберді.* **Мал айдау**. *Малын көбейту, баю, малы көп болу.* **Мал айтты [шалды].** э т н. *Құдай жолына мал сойып, Құдайдан тілек тіледі.* **Мал айырды**. *Қуғыншылар малды жаудан, ұрыдан аман алып қалды.* **Мал аласы сыртында**. *Мал кемшілігі, жүдеулігі сырткы түрінен, қолынан көрінеді деген мағынада.* **Мал алды**. а) *Байлығы, дәрежесі жоғары адамдарға атақ-дәрежесіне қарай мал аталды, тартылды деген мағынада.* ә) *Халықтан мал жинады, малға салық салды.* б) *Зорлықпен малын тартып алды.* **Мал бағу**. *Малшылықты кәсіп етушілік, күнкөрісін малға қарап көру.* **Мал базары**. *Үй жануарларын сататын орын.* **Мал байлады**. *Малды күтіп семіртті, бордақылады.* **Мал бақты**. *Мал бағуды кәсіп етіп, күн көрді.* **Мал балалады**. с ө й л. *Төлдеді.* **Мал басқа бітеді**. *Бас аманда байлық құтаяды деген мағынада.* **Мал басы.** а) *Әр мал үшін, әр малға шаққанда.* ә) *Жалпы қорадағы мал, жиған мал.* **Мал басында**. *Отбасынан, үйінен жырақта, тау ішінде, жайылымдағы малдың қасында деген мағынада.* **Мал берді**. а) э т н. *Қалыңмал төледі.* ә) *Бақ-дәулет, несібесін үйін-төкті.* **Мал болмайды.** а) *Жазылмайды, оңалмайды.* ә) *Адам болмайды, күнін көре алмайды.* **Мал болу**. *Жазылып кету.* **Мал бітті**. *Дәулетке кенелді, байыды.* **Малға барды**. *Қой бақты.* **Малға бөкті**. *Кенелді, байыды, дәулеті асты.* **Малға жай**. *Малға қолайлы, ыңғайлы, жайлы.* **Малға жайлы**. *Малдың өрістеп, жайылуына ыңғайлы, шөбі шүйгін, суы бар, ық жер туралы.* **Малға жұмсады**. *Өз ықтиярынсыз мал бақтырып қойды.* **Малға ие болды**. *Негізгі малшының орнына уақытша малды қарады.* **Малға қарады**. а) *Дүние-мүлікке қызықты, соңына түсті, дүние қуып кетті.* ә) *Дүние-мүлкінің, байлығының шамасын байқап, байлығымен есептеді.* **Малға қыдыр**. *Малмен көгерген, бағы жанған, бақ қонған.* **Малға өш.** *Есіл-дерті мал.* **Малға сайлы.** *Малға бай, төрт түліктің бәрі бар.* **Малға сатты**. а) *Байдың, бардың малы үшін қызын тұрмысқа берді, өз еркінен тыс ұзатты.* ә) *Малға, ақшаға айырбастады.* **Малға шақты**. *Мал басына есептеді.* **Малға шықты**. *Жатарда қорадағы қойды айналып бір қарап шықты, ит-құстан, басқадан амандығын көрді.* **Малға шылбыр берді**. *Малға сүйенді.* **Малдан айырмасы жоқ [болмады].** *Қадірі, құны болмады, төмендеді.* **Малдан келді**. *Қой, жылқы бағып, өрістен келді.* **Малдан құрық, бастан сырық [түсірмеді] кетпеді**. *Тыныштық бермеді, күн көрсетпеді.* **Мал дарыды**. *Байлық дүние жиналды, тұрмысы оңалды.* **Мал даулау.** э т н. қ ұ қ ы қ. *Байырғы қазақ қоғамында малы барымталанып, қолды болған жақтың өзіне тиісті малын талап етуі, ізденуі, таласуы.* **Мал дауы.** э т н. *Байырғы қазақ қоғамында малы барымталанып, қолды болған жақтың өзіне тиісті малын талап ету, іздену, таласуға байланысты туындаған дау-шар.* **Мал дәрігері.** в е т. *Мал ауруларын емдейтін маман.* **Мал десе, жанын сатар.** *Дүниеқұмарлық, малқорлық туралы.* **Малды аяқтап сатты.** ж е р г. *Малды сойып сатты.* **Малдың басы.** э т н. *Бір үйдің дәулетінің құты, жинаған байлығының негізі.* **Малдың жаманын берді**. *Союға жарамайтын, арық-тұрық малды біреуге жақсатты болып сыйлады.* **Малдың жасын айыру.** малшар. *Көбіне малдың тісі мен мүйіздерінің жетілу ерекшелігі бойынша жасы анықталатын маңызды зоотехникалық шаралардың бірі.* **Малдың кересін тартты.** *Сазайын көрді, кепиеті атты.* **Малдың кірі**. *Мал баққан ақысы.* **Малдың қоңдылығы**. м а л ш а р. *Мал денесінде қоректік заттардың (май, ет) жиналу деңгейі.* **Малдың соңына түсті**. *Дүниеқорланды, дүниеқоңызданды.* **Малдың сүттілігі**. м а л ш а р. *Төрт түлік малдың белгілі бір мерзім ішінде сүт беру мөлшері.* **Малдың сырттаны.** *Ең жақсысы, ең ардақтысы, қасиеттісі [«Сырттан» о баста хайуанаттың аты болған. Бұл сөздің мифтік мағынасы: «иттің патшасы», иттің саққұлақ, қабаған, алғыр, күштісі].* **Мал емдеу.** в е т. *Ауруға шалдыққан малдың ауырсынғанын басу үшін оның ағзасына немесе жеке мүшелеріне түрлі емдік тәсілдер мен әдістерді қолдану, әсер ету.* **Мал емшегін сауған жер**. б е й н. *Шөбі шүйгін, қалың, құнарлы қоныс.* **Мал емілгі**. ж е р г. ***Мал дәрігері***. **Мал жайды [жиды]**. *Малды өріске шығарды, өргізді.* **Мал жайын қылды**. *Малға жақсы қарады, малдың жағдайын жасады.* **Мал жату.** *Өрісі толу, көз қуанту, тұрмыстың оңалуы деген мағынада.* **Мал жинады**. *Малдың басын көбейтіп, байыды, баюды ойлады.* **Мал жөткеді**. ж е р г. *Малды басқа жерге айдап апарып, саудаға салды* **Мал зекеті**. тар. *Малға салынған салық.* **Мал интерьері.** в е т. *Мал түліктері мен тұқымдарының мағалары мен мүшелеріне тән ерекшеліктер.* **Мал кетті.** а) *Ұрланды, ұры-қарыға алдырды.* ә) *Дәулеті, ризығы азайды, бағы ортайды.* **Мал көкірек.** *Надан, топас.* **Мал кіндігінде**. *Малдың арқасында.* **Мал қайырды**. *Қой, ешкі сияқты малдарды қайырмалап, ауылға, үй жаққа айдады.* **Мал қаптады**. *Қарауызсыз, қайырусыз мал басты; жапа-тармағай жайылды.* **Мал қарады.** *Жоғалған малын іздеді.* **Мал қолда, жан ұяда.** *Әзірге төрт құбыласы тең, уайым-қайғысы жоқ.* **Мал қора**. *Қыста, күздің қара суығында, ерте көктемде малдың жас төлдерімен тұратын төбесі жабық, есік-терезесі бар тұрағы.* **Мал құды**. *Пайда табудың, дүние табудың соңына түсті.* **Мал құлағы саңырау**. а) *Жабулы қазан жабуымен қалсын, ешкім ести көрмесін деген мағынада.* ә) ж е р г. м и ф. *Мал естімесін (малды сою т.б. жағдай әңгіме етілгенде, мал естісе, «еті қашады, берекесі кетеді» деп ұғып, әуелі осы фразаны айтып алу салт болған).* **Мал құны.** т а р. *Ұрланған яки біреудің қолынан өлген төрт түлік түріне төленетін төлем.* **Мал құрау**. *Дүние жинау, баю.* **Малмен көзін ашты [көзі шықты].** *Мал жағдайын жақсы біліп өсті; кішкентайынан мал көріп өсті.* **Мал өргізді.** *Малын өріске шығарды, мал бақты.* **Мал өрді**. *Мал өріске шықты, жайылды.* **Мал өрістеді**. *Мал өріске шығып, ұзап жайылды.* **Мал өсімі.** *Төлдеу, малдың көбеюі.* **Мал өсірді.** *Мал бағып, көбейтті, малшаруашылығымен айналысты.* **Мал өсіру кооперативі.** *Мал өсірумен айналысатын шаруашылыққа өнім өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым.* **Мал сақтады**. ж е р г. *Мал ұстады, бақты.* **Мал салды.** э т н. ж е р г. *Құда түсті.* **Мал семірді.** *Жаз жайлауға шығып, мал ет жинады, қоңданды.* **Мал сойды**. э т н. *Келген қонаққа құрметтеп, арнайы бата жасап, қой сойды.* **Мал соңына салды**. *Өз ықтиярынан тыс қой бақтырды.* **Мал соңында**. *Өмір бойы мал бақты, өмірін малмен өткізді деген мағынада.* **Мал сүмесі.** *Малдың құнары, нәрі, сүті.* **Мал сырына жетік [қанық].** *Бұрыннан мал баққан, кәнігі.* **Мал сілекей алды**. э т н. *Қолдан шығып бара жатқан малдың аузына орамал салып, малым азаймасын, орны жоғалмасын, үзілмесін деген мағынадағы сілекей алу дәстүрі.* **Мал сілекейі қайтты**. *Даумен өндіріп алынған не жоғалып табылған малдың басы толық болмай қайтқаны туралы айтылады.* **Мал сілекей қалды**. *Қолында бұрынғы малдан азын-аулақ қана тұяқ қалды.* **Мал тайды**. *Дәулеті ортайды, бұрынғы күйінен айырылды.* **Мал таппас еркек болмас, құрарын айт.** *Тапқан табысты дұрыс ұйымдастырып, жұмсай білу табыс табудан да жоғары біліктілікті көрсетеді деген мағынада.* **Мал тапты**. *Кіріс кіргізді, пайда көрді, табыс тапты.* **Мал тегі.** ж е р г. *Мал-жан, үй іші.* **Мал терісін жаю**. ж е р г. э т н. *Құдалар келе жатқанда жаңадан сойылған мал терісін жайып қойып, құлатып алатын ырым.* **Мал тоқтатты.** ж е р г. *Мал сатып алып, сауда жасады.* **Мал төкті.** *Бұл жерде барын шашып, пара берді деген мағынада.* **Мал төркініне обалдық жасады.** *Ауырған саулық малды емдемей, мал киесіне қиянат жасады деген мағынада.* **Мал тұқымы**. в е т. *Малдардың шығу тегін, дене тұрқы мен бітімін, пайдалы шаруашылық белгілерін қалыптастыратын генеологиялық негізі.* **Мал тұқымын асылдандыру**. м а л ш а р. *Малдың тұқымдық сапасын жақсартуға, өнімділігін арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі.* **Мал тұрмады**. *Малға жайсыз болды, қырыла берді.* **Мал шалар от**. *Мал жейтін шөп, өріс, жайылым.* **Мал шаруашылығының өнімі.** э к о н. *Құсты, малды және басқа ауылшаруашылық жануарларын өсірудің және бордақылаудың нәтижесі, сондай-ақ оларды шаруашылықта пайдалану барысында алынатын өнім (жұмыртқа, сүт, жүн).* **Мал шашты**. *Малын орынсыз жұмсады, шығынға батты.* **Малы аз.** *Кедей-кепшік, тұрмысы нашарлар.* **Малы дауға кетті**. *Шешілуі қиын дауды, өз пайдасына шештіру үшін биге ақы төледі, мал берді.* **Малым екеу болсын**. т і л е к. *Дүние-мүлкім көбейсін, дәулет айналсын.* **Малына меншік қоспады.** *Малына ортақ қылмады, басы бүтін берді.* **Малын жеді**. *Еңбегін жеді, қанады.* **Малын құрбан етті**. *Бар малын сойды, сый-сияпат көрсетті.* **Малын талады.** *Малын талан-таражға түсірді.* **Малың базарлы, ұлың назарлы болсын.** ж е р г. т і л е к. *Дәулетті, әулетті бол деген мағынада айтылатын тілек.* **Малы өрісте**. *Шаруасы жайлы, малы бағулы, уайымы аз деген мағынада.* **Малы таусылды.** *Жиған малы ортайды, азайды.* **Мал іздеді.** а) *Байлыққа құмартты.* ә) *Табыс тапты, еңбек қылды.* **Мал іздеу.** а) *Жоқ іздеу, өрістен үйге қайтпай қалған малды қарауға шығу.* ә) *Пайда көздеу, табыс көзін іздеу.* **Мал іші ғой.** ж е р г. *Пенде ғой.*

**МАЛ=** е т. **1.** *Затты сұйық заттың ішіне салып батыру.* **2.** *Сүңгу, шомылу.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің шамадан тыс көп болып жайылуы, қаптауы.*

**МАЛА** з а т . **1.** *Жыртылған жердің кесек топырағын уатып, майдалау үшін пайдаланылатын тісті темір құрал.* **2.** *Мала салынған жер.*

**Мала ағаш**. *Көлікке тіркеп сүйрететін жуан ағаш.*

**МАЛАГАСИЙЛЕР** з а т . *Мадагаскар аралының негізгі тұрғындары.*

**МАЛАҒАН** [ар.ملاعن] з а т . ж е р г . *Пәле-жала, дау-жанжал, қырсық.*

**МАЛАЙ** з а т . **1.** *Байларға жалданып күн көретін, есігінде жүретін қызметші, жалшы.* **2.** а у ы с . *Түк көрмеген, тектіліктен жұрдай, ойы төмен адам.* **3.** а у ы с . *Қадірі жоқ, бағасын ел білмейтін, жұмсауда жүрген жан.*

**Малай қып жұмсады.** *Жеке басын төмендетті.*

**МАЛАЙЛАР** з а т . *Малайзияның негізгі тұрғындары.*

**МАЛАЙЛЫҚ** з а т . *Кісі есігінде жүрушілік, жалшылық.*

**МАЛАЙША** ү с т . *Малай сияқтанып, малайға ұқсап.*

**МАЛАЙШЫЛЫҚ** з а т . с ө й л . ***Малайлық***.

**МАЛАКОЛОГИЯ** [грек. malakion – моллюскі, logos – ілім] з а т . з о о л . *Зоология ғылымының моллюскілерді зерттейтін саласы.*

**МАЛАҚ** з а т . **1.** э к о л . *Қоршаған ортаға, табиғатқа зиянды лас көңді су қалдық.* **2.** ж е р г . *Сиыр, жылқы тезегі, көң-қоқыс.*

**Малақ қоймасы**. э к о л . *Малақ жинайтын, тұратын орын.*

**МАЛАҚАЙ** з а т . *Іш жағына қатты материал салынып, маңдай терісі сыртына қараған, артқы жағы келте, маңдайына тері бастырылған, қыста киетін баскиім, құлақшын.*

**МАЛАҚАЙЛЫ** с ы н . *Малақай киген, малақайы бар.*

**МАЛАҚАЙСЫЗ** с ы н . *Малақайы жоқ, малақай кимеген.*

**МАЛАҚАЙШЫ** з а т . *Малақай тігумен айналысатын адам, тігінші.*

**МАЛАҚЖИНАҒЫШ** с ы н . т е х . *Малақ жинайтын.*

**МАЛАЛ** з а т . к ө н е . *Кірбің, қаяу; уайым.*

**МАЛАЛА=** е т . *Жыртылған жердің кесек топырағын ұсатып майдалау, тегістеу.*

**МАЛАЛАН=** е т . *Жыртылған жердің топырағының уатылып, майдалануы.*

**МАЛАЛАНУ** *Малалан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛАЛАУ** *Малала етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛАМАТ** сын. көне. *Жеккөрінішті; мазақ.*

**МАЛАПРОПИЗМ** з а т . п е д . *Бір сөзді естілуі ұқсас басқа сөзбен қате ауыстыру.*

**МАЛАТАС**. з а т . *Астық бастыратын жабайы құрал.*

**МАЛАХИТ** [грек. malache] з а т . м и н . *Көмір қышқылды мыс түзынан құралған ашық жасыл түсті минерал.*

**МАЛ-БАҚ** з а т . *Дүние, дәулет, байлық.*

**МАЛ-БАС з а т .** *Үйлі-баранды, ауыл-үй болып қауымдаса бірге отырған адамдардың үй іші, бала-шаға, мал-жаны.*

**Мал-бас құрбан [садақа].** *Ештеңемді аямаймын, бәрін пида етемін деген мағынада.*

**МАЛ-БАСЫ** з а т . *Үй іші, мал-жан, дәулет-байлық.*

**Мал-басың аман ба?** э т н . *Дәстүрлі қазақ мәдениетінде көптен көрмеген адамымен амандасу, аман-түгел сұрасудың бір формасы.*

**МАЛБАУЫЗДАР** з а т . э т н . ж е р г . *Күйеудің апаратын ілуі, сыйы.*

**МАЛҒҰН** [ар. ملعون] з а т . *Адамгершілік қасиеттен жұрдай, опасыз, сатқын адам. // Опасыз, надан.*

**МАЛҒЫЗ=** е т . **1.** *Батырту, матыру, шалындыру.*

**МАЛҒЫЗУ** *Малғыз етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛДАЙ**[1] с ы н . *Мал сияқты, мал тәрізді.*

**МАЛДАЙ**[2] ү с т . *Мал күйінде, мал қалпында.*

**МАЛДАҚ** с ы н . *Мал күте алмайтын, мал баққанды әлек көретін.*

**МАЛДАН=** е т . **1.** *Малға ие болу, мал жинау.* **2.** *Иелену, меншіктену.* **3.** а у ы с . *Өзіне санау, іш тарту, арқа сүйеу.* **4.** ауыс. *Місе тұту, көңіліне тоқ санау.* **5.** ауыс. *Пайдалану, пайда көру.* **6.** ауыс. *Атақ-даңқына лепіру, мақтану, басы айналу.*

**МАЛДАНТ=** е т. *Мақтанту, лепірту.*

**МАЛДАНТУ** *Малдант етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛДАНУ** *Малдан етістігінің қимыл атауы. Місе тұту, көңіліне тоқ санау.*

**МАЛДАР** з а т . ж е р г . *Малмен сауда жасайтын кәсіп иесі.*

**МАЛДАРШЫЛЫҚ** з а т . ж е р г . ***Малшаруашылық***.

**МАЛДАС** з а т . *Екі аяғын айқастырып, астына жіберіп, құйрықпен отырған отырыс.*

**Малдас құрды [құрып отырды].** *Екі аяғын айқастыра астына басып отырды.* **Малдас құрып отырды**. а) *Тізені ашайта бүгіп, аяғын айқастыра, астына ала отырды.* ә) *Жайбарақат отыр.*

**МАЛДАСТА=** е т. *Малдас құрып отыру.*

**МАЛДАСТАУ** *Малдаста етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛ-ДҮНИЕ** з а т . *Ырыс-дәулет, байлық.*

**МАЛДЫ** с ы н . *Малы көп, малға бай. // Малға бай адам.*

**Малдының беті жарық**. *Әл-ауқаты бар кісінің жүзі жарқын, сөзі өтімді, жолы жеңіл деген мағынада.*

**МАЛДЫ-ЖАНДЫ** с ы н . *Малы да бар, үй-іші, бала-шағасы да бар.*

**МАЛДЫҚ** з а т . *Малға тән қасиет, қылық.*

**Малдықтан кетті**. *Ең құрығанда адам деген атқа да жарамайтын болыпты, әбден төмендепті деген мағынада.*

**МАЛДЫЛАУ** с ы н . *Малы көптеу, малы барлау.*

**МАЛДЫЛЫҚ** з а т . *Малы көп болушылық.*

**МАЛДЫР=** е т. *Суға, сұйық затқа батырту.*

**МАЛДЫРАҚ** с ы н . *Малы көптеу, байлау.*

**МАЛДЫРТ=** е т. *Сұйық затқа салғызу.*

**МАЛДЫРТУ** *Малдырт етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛДЫРУ** *Малдыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛ-ЖАЙ** з а т . *Ауылды жерге тән тәңертеңгілік мал сауу, өргізу, шығару, шөп салу т.б. шаруалар, қора-қопсы.*

**МАЛ-ЖАН** з а т . **1.** *Мал-бас, қора-қопсы жиынтығы.* **2.** *Адам, оның шаруашылығы, бәрі деген мағынада.* **3.** *Малы, жинаған дәулеті.*

**Мал-жан аман ба?** э т н . *Дәстүрлі қазақ мәдениетінде шаруашылық қамымен жүрген жолаушылардың аман-саулық сұрасуының бір формасы.* **Мал-жанға ие болу**. *Шаруашылығын жүргізу, үй ішіне күнделікті қамқорлық жасау.* **Мал-жанын аямады**. *Жолына бар нәрсесін салды, аянып қалмады.* **Мал-жанын салды**. *Бар жиған-тергенін шашты.* **Мал-жаны түгел**. *Төрт құбыласы түгел, шаруасы сай, жақыны қасында деген мағынада.*

**МАЛЖАНДЫ** с ы н . **1.** *Малқұмар, малсақ.* **2.** ауыс. *Дүниеқор, дүниеқоңыз, пайдакүнем.*

**МАЛЖАНДЫЛАУ** с ы н . *Малға жақынырақ, сараңдау.*

**МАЛЖАНДЫЛЫҚ** з а т . *Малқорлық, дүниеқоңыздық.*

**МАЛЖАҢДА=** е т. *Қатты тағамды ауызға салып, әрлі-берлі қажалап жеу.*

**МАЛЖАҢДАТ=** е т . *Әрлі-берлі қажалап, шайнау.*

**МАЛЖАҢДАТУ** *Малжаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЖАҢДАУ** *Малжаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЖАҢ-МАЛЖАҢ** е л і к . *Жұмсақ затты арлы-берлі ауызда шайнағандағы қайталанба қимылды бейнелейтін сөз.*

**Малжаң-малжаң етті.** *Тамақты, шөпті әрлі-берлі шайнады.*

**МАЛЖЕМЕС** з а т . ө с . с ө й л . *Улы шөп.*

**МАЛИНА** з а т . с ө й л . ***Таңқурай***.

**МАЛҚОР** с ы н . **1.** *Малжанды, малқұмар, малсақ.* **2.** ауыс. *Дүниеқор, пайдакүнем.*

**МАЛҚОРЛЫҚ** з а т . *Малқұмарлық, малсақтық, пайдакүнемдік.*

**МАЛҚҰМАР** с ы н . *Малқор, малжан, дүниеқор.*

**МАЛЛЕИН** з а т . *Жылқының көзіне тамызып, оның маңқамен ауырған ауырмағанын білу үшін қолданылатын биопрепарат.*

**МАЛМА** з а т . э т н . *Үлкен ыдысқа құйып, құрттың, іркіттің сарысуына, айран-қатыққа, ұн-кебек пен дәннен жасалған көжеге тұз салып, ашытып, тері илейтін ашытқы.*

**Малма аяқ**. *Икемсіз, салдыр-салақ (әйел).* **Малма сапсиды.** *Малмаға салған теріні ары-бері аударыстырды.*

**МАЛ-МАҚҰЛЫҚ** з а т . *Табиғаттағы адам баласынан басқа малы бар, жүгірген аң, ұшқан құс, тірі жан, тісті бақа, қыбырлаған барша мақұлық (жиынтығы).*

**МАЛМАЛ** з а т . ж е р г . *Жұқа мата, кісия.*

**МАЛМАНДАЙ** с ы н . *Үсті-басы су-су, белшеден суға малынған.*

**МАЛМАТЫМАҚТАН=** е т . *Жігерсіздену, босбелбеулік көрсету, ынжықтану.*

**МАЛ-МҮЛІК** з а т . *Жеке адамның иелігіндегі дүние, байлық, мал.*

**Мал-мүлік дауы.** тар. *Мал мен мүлікке таластан, қол сұғушылықтан туатын дау-жанжал.* **Мал-мүлкі талауда.** *Байлығы, дүние-мүлкі талан-таражға салынған, ұрланған.*

**МАЛ-ПҰЛ** з а т . *Дүние-мүлік, төлемақы, ақша.*

**МАЛСАҚ** с ы н . *Малжанды, малдың жайын көп ойлайтын.*

**МАЛСАҚТЫҚ** з а т . *Малжандылық.*

**МАЛСЫЗ** с ы н . **1.** *Малы жоқ, малы болмаған. // Кедей, түгі жоқ адам.* **2.** *Мал бақпаған, бос. // Еншісіз.*

**МАЛСЫЗДЫҚ** з а т . *Малы жоқтық, кедейлік.*

**МАЛТА**[1] з а т . э т н . т а м а қ . *Кепкен қатты құртты ыстық суға салып, жібіткеннен кейінгі кішірейген қалдығы; ұлттық тағам.*

**Малтасын езді.** *Бір айтқанын қайталап мылжыңдады, сөзінің дәмін кетірді.*

**МАЛТА**[2] з а т . **1.** *Ағын судың әсерінен мүжіліп, майдаланып қалған жұмыр тастар.* **2.** *Аққан су немесе теңіз, көл толқындарымен мүжіліп, жұмырланған, өлшемі 10-100 мм аралығындағы таужыныс сынықтары.*

**МАЛТА**[3] з а т . ж е р г . *Апельсин.*

**МАЛТАБА** зат. жерг. этн. тамақ. *Езген құртқа күйдірген сары май құйып жасайтын тағам.*

**МАЛТАЛА=** ет. сөйл. *Мұжу, қажалау.*

**МАЛТАЛАН=** ет. *Езілу, ұсатылу.*

**МАЛТАЛАНУ** *Малталан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТАЛАУ** *Малтала етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТАҢДА=** ет. сөйл. *Қалың қарда зорға жүру.*

**МАЛТАҢДАУ** *Малтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТАПҚЫШТЫҚ** зат. *Табыскерлік, пайда табуға ептілік.*

**МАЛТАТАС** зат. **1.** *Судың тасқынымен мүжіліп, жұмырланып қалған майда тас.* **2.** сушар. *Аралықтарындағы бос кеңістік ұсақ сынықты жыныстармен (құм, шаң-тозаң) толтырылған малталардан тұратын, бос, ірі сынықты шөкпе таужынысы*

**МАЛТАТАСТАР** зат. геол. *Бір-бірімен жымдаспаған кесектер (тас малталар) немесе кесекаралық кеңістіктері құмдармен және құмайттармен жымдасқан түрде кездесетін ірі кесекті шөгінді таужыныстар.*

**МАЛТСШІЛДІК** зат. филос. *Халықтың өсу заңдылықтары жөніндегі көзқарастардың жалған жүйесін негізге алатын, ғылымға қайшы әлеуметтік доктрина.*

**МАЛТУ** *Малты етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТЫ=** ет. **1.** *Су ішінде жүзу.* **2.** *Малтығу, бату.* **3.** ауыс. *Қалықтау, іліну.*

**МАЛТЫҒУ** *Малтық етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТЫҒЫНҚЫРА=** ет. *Бір батып, бір шығу.*

**МАЛТЫҒЫНҚЫРАУ** *Малтығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТЫҒЫШ** сын. *Малтуға шебер, жүзгіш.*

**МАЛТЫҒЫШТЫҚ** зат. *Малти білетіндік, жақсы малти алатындық.*

**МАЛТЫҚ=** ет. **1.** *Еркін жүріп кете алмай кібіртіктеу, ілгішектену, бөгелу.* **2.** ауыс. *Адасу, өмір жолын таба алмау.*

**МАЛТЫҚТЫР=** ет. **1.** *Жүргіздірмеу, қиралаңдату.* **2.** ауыс. *Жаман нәрсеге тап келтірту, салып қою.*

**МАЛТЫҚТЫРУ** *Малтықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛТЫМА** зат. көне. *Жарыс.*

**МАЛТЫМПАЗ** сын. сөйл. ***Малтығыш.***

**МАЛТЫТ=** ет. **1.** *Салу, ентелету, батырту.* **2.** ауыс. *Терең бойға жетелеу.*

**МАЛТЫТУ** *Малтыт етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛУ** *Мал етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛУЛЫ** сын. *Малынған, малынып тұрған.*

**МАЛША** үст. *Мал сияқтанып, малға ұқсап.*

**Малша айдау**. *Адам екен, ел екен демеді, зорлық көрсетті.*

**МАЛШАЙЫР** зат. хим. *Алифатты және ароматты оксиқышқылдардан, сондай-ақ олардың лактондары мен лактидтерінен тұратын жануарлар текті табиғи шайыр.*

**МАЛШАҢ** сын. ***Малқұмар.***

**МАЛШАРУАШЫЛЫҚ** зат. *Ауылшаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы.*

**Малшаруашылық кешені**. малшар. *Малшаруашылығымен айналысуға арналып жабдықталған қора-қопсы, үй-жай, су көзі т.с.с. кешені.* **Малшаруашылық қожалықтары**. малшар. *Малды қожалық болып, ұйымдасып бағатын топ, кешен.*

**МАЛШУ** *Малшы етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫ** зат. *Мал жаятын, мал басында тұратын, қарайтын бақташы.*

**МАЛШЫ=** ет. **1.** *Суға малынып, шылқылдау, су-су болу.* **2.** *Малу, батыру, шылау.*

**МАЛШЫ-ЖАЛШЫ** зат. көне. *Байдың есігінде жүрген жалдамалы адамдар.*

**МАЛШЫЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені сұйық заттың ішіне қайта-қайта салу, бойына су тартқызу.* **2.** кәс. *Аптау.* **3.** ауыс. *Қара терге түсу, қатты терлеу.*

**МАЛШЫЛАН=** ет. *Су-су болу.*

**МАЛШЫЛАНУ** *Малшылан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫЛАТ=** ет. *Су-су қылу.*

**МАЛШЫЛАТУ** *Малшылат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫЛАУ** *Малшыла етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫЛЫҚ** зат. *Малмен кәсіптенушілік, мал бағушылық.*

**МАЛШЫН=** ет. **1.** *Судың астында қалу, жаурау, су-су болу.* **2.** ауыс.*Қара терге түсу; әбден шылану.* **3.** ауыс. *Басып қалу, көміп тастау.*

**МАЛШЫНДЫР=** ет. **1.** *Су-су қылдыру.* **2.** ауыс.*Терлету, терден су болу.* **3.** ауыс. *Бөлеу, үйіп-төгу.*

**МАЛШЫНДЫРУ** *Малшындыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫНТ=** ет. *Су-су ету, әбден малшындыру.*

**МАЛШЫНТУ** *Малшынт етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛШЫНУ** *Малшын етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЫН=** ет. *Бөлену, толу.*

**Малынып киінді**. *Барын киінді.*

**МАЛЫНДЫР=** ет. **1.** *Әбден су қылу, су-су болу.* **2.** ауыс. *Бөлеу, шомылдыру.*

**МАЛЫНДЫРУ** *Малындыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЫНТ=** ет. *Нұрға бөлеу, нұрландыру. // Молынан көмкеріп.*

**МАЛЫНТУ** *Малынт етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЫНУ** *Малын етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЫНЫС=** ет. *Бір нәрсеге кенелісу, қарқ болысу.*

**МАЛЫНЫСУ** *Малыныс етістігінің қимыл атауы.*

**МАЛЬМА** зат. зоол. *Албырттар тұқымдасының талма балықтар туысына жататын, ұзындығы – 70 см, массасы – 4,3 кг болатын балықтардың бір түрі.*

**МАЛЬТАЗА** зат. хим. *Мальтозаның глюкозаның екі молекуласына гидролизденуін жылдамдататын; сілекей; ішек селінің құрамына кіретін, қанда, бауырда болатынфермент.*

**МАЛЬТОЗА** [англ. maltose] зат. биол. *Глюкозаның екі қалдығынан тұратын дисахарид.*

**МАМА**[1] зат. *Әйелдің емізулі баланы қоректендіретін, сүт шығатын мүшесі, емшек.*

**МАМА**[2] ор. зат. *Баланың туған шешесі, апа.* **Ақ мама.** бейн. *Шеше.*

**МАМА**[3] зат. *Ат байлайтын діңгек ағаш.*

**Мама ағаш [қазық].** *Ат байлайтын діңгек ағаш.* **Мама базар**. *Сенбі күнгі үлкен базар.* **Мама бие [сиыр].** а) *Желіні үлкен, сүтті бие.* ә) *Көп сауылған, сақайған мал.* **Мама кісі**. көне. *Үлкен адам.* **Мама қаз**. *Үлкен, сақайған, тоқтаған қаз.*

**МАМАДАЙ** сын. **1.** *Мамасы сияқты, мамасы тәрізді.* **2.** *Үлкен, қартайған.*

**МАМАДАНАЛЫҚ** зат. жерг. *Айла, құлық.*

**МАМАЛА=** ет. *Мама, мама деп ұн қату, дауыстау.*

**МАМАЛАУ** *Мамала етістігінің қимыл атауы.*

**МАМАЛЫГА** [рум. mamaliga] зат. тамақ. *Молдавандардың жүгері ұнынан дайындалатын қою ботқа түріндегі ұлттық тағамы.*

**МАМАН** зат. **1.** *Ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, шаруашылық саласының бірін кәсіп еткен қызметкер.* **2.** *Қайсы бір істі егжей-тегжейлі білетін қызметкер, белгілі бір мамандықтың өкілі.* **3.** экспр. мысқыл. *Шебер, алдына жан салмайтын адам.*

**Маман әзірлеу**. сөйл. *Маман дайындау.* **Мамандар [қызметкерлер] дайындау.** *Белгілі бір кәсіп иелерін, мамандарды тәрбиелеп шығару.*

**МАМАНДАН=** ет. **1.** *Белгілі бір істің маманы болып машықтану, қалыптасу, үйрену.* **2.** *Мамандық иесі болу.* **3.** *Тек бір шаруашылықпен, кәсіппен айналысу, соған арналу.*

**МАМАНДАНДЫР=** ет. *Біртекті кәсіпке бейімдеу.*

**МАМАНДАНДЫРУ** *Мамандандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАМАНДАНДЫРЫЛ=** ет. *Белгілі бір кәсіпке бейімделу, белгілі бір салаға арналу.*

**Мамандандырылған бригада**. экон. *Біліктілігі бірдей немесе түрліше деңгейдегі бір немесе біртекті кәсіптің (мамандықтың) қызметкерлерін біріктіретін өндірістік бригада.* **Мамандандырылған еңбек бөлінісі**. экол. *Адамдардың белгілі бір міндетті ерекше жақсы орындауынан ұйымның барлық жұмысына әсерін тигізетін ахуал.* **Мамандандырылған медициналық көмек**. әск. *Қала сыртындағы аймақта емдеу мекемелерінде көрсетілетін көмек.*

**МАМАНДАНДЫРЫЛУ** *Мамандандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАМАНДАНУ** *Мамандан етістігінің қимыл атауы.*

**МАМАНДАС** сын. *Мамандығы бір.*

**МАМАНДЫҚ** зат. терм. <лат. professio> **1.** *Жеке бір адамның арнайы жоғары не орта білім алуы негізінде белгілі бір кәсіпті игеріп, сол сала қызметінде шеберлігін қалыптастырған түрі.* **2.** *Қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы.* **3.** ауыс. *Шаруа, айналысатын іс, ермек.*

**Мамандық иесі.** *Белгілі бір мамандық саласын толық меңгерген, арнаулы дайындығы, білімі бар адам.*

**МАМАНША** үст. *Маман сияқтанып, маман ретінде, маманға ұқсап.*

**МАМАСЫ** зат. *Ер адам тарапынан жұбайына қарата айтылатын, баласын да, әйелін де көтермелеу реңкіндегі атауыш.*

**МАМАТАЙ** зат. экспр. *Мамасын құрметтеу, мамасына еркелеу реңкіндегі сөз.*

**МАМАТАЙЛА=** ет. *Маматай, маматай деп жалыну, жалбарыну.*

**МАМАТАЙЛАУ** *Маматайла етістігінің қимыл атауы.*

**МАМАШЫМ** зат. экспр. *Анашым, маматай.*

**МАМБО** [испан. mambo] зат. *Вуду сиқыршыларының адамды гипноздық күйге түсіретін биінен таралған би.*

**МАМЕЛУКО** зат. *Африкалық қара нәсілділер мен үндістердің арасында туған бала.*

**МАМЛЮК** зат. тар. *XIII г. шамасында Мысыр сұлтандарының түріктік, кавказдық құлдардан құрастырған жеке әскери сақшысы (гвардиясы).*

**МАММАЛИОЛОГИЯ** [лат. mammalis – сүтқоректілер, logos – ілім] зат. биол. *Зоология ғылымының сүтқоректі жануарларды зерттейтін саласы.*

**МАММОГЕНЕЗ** [лат. mammo – әйел төсі, грек. genesis – пайда болуы, дамуы] зат. биол. *Сүт безінің өсіп дамуы.*

**МАММОГРАФИЯ** зат. мед. *Сүт бездеріндегі қандай да болсын өзгерістерді флюорография және рентгенография әдістерімен анықтау.*

**МАМОНТ** [лат. mammuthus primigehius] зат. зоол. *Бағзы бір заманда өмір сүрген, кейін жойылған піл тұқымдас кесек денелі, ұзын жүнді, сүтқоректі хайуан.*

**МАМУРА** зат. өс. *Тундрада өсетін өсімдіктің түрі.*

**МАМЫҚ**[1] зат. өс. <лат. astragalus puberulus> *Таспашөптің бір түрі.*

**МАМЫҚ**[2] зат. **1.** *Құстың жүні.* **2.** зоол. <лат. pluma> *Үлпілдеген, сояуы жоқ, жұмсақ құс жүні.* **3.** зоол. *Сүтқоректілерде қылшық астындағы денені салқындаудан қорғайтын өте майда да жіңішке мамыққа ұқсас түк талшықтар (түбіт).* **4.** *Құстың жастық, көрпе жасауда пайдаланылатын жұмсақ, ұлпа жүні.* **5.** ауыс. *Жастық, көпшік.*

**МАМЫҚ**[3] сын. **1.** *Мамық жүннен жасалған.* **2.** ауыс. *Жайлы.* **3.** ауыс. *Қайталанбас, ерекше.* **4.** ауыс. *Жұмсақ, үлбіреген.*

**Мамық жастық**. *Төсек, жайлы төсек-орын.* **Мамық төсек**. а) *Жайлы, мамыражай тірлік; мұңсыз жайлылық.* ә) бейн. *Ақ төсек, салулы төсек.* **Мамық төсек тастай батты**. *Мазасызданды, ұйықтай алмады.*

**МАМЫҚБАС** зат. өс. *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МАМЫҚЖЕГІ** зат. зоол. <лат. mallophaga> *Түрі сары, қоңыр, кейде қара, табиғатта кең таралған жәндіктер класы отрядының бірі.*

**МАМЫҚТАЙ** сын. *Жұп-жұмсақ, мақтадай.*

**Мамықтай мінез**. *Жайлы, сызылған, жібек мінез.*

**МАМЫҚТАН=** ет. *Жұмсару, былпылдау.*

**МАМЫҚТАНУ** *Мамықтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАМЫҚТАП** үст. *Мамық төсеп, жұмсақтап.*

**МАМЫҚТЫ** сын. *Мамығы көп, мамық басқан.*

**МАМЫҚТЫҚ** зат. *Мамыққа тән қасиет, жұмсақтық.*

**МАМЫҚША** зат. *Ішіне құстың мамығы салынып, жылы етіп тігілген альпинистер киетін сырма бешпент.*

**МАМЫҚШӨП** зат. өс. <лат. trichophorum> *Аласа өсетін, кіндік тамыры жетілген үлпекбас шөп.*

**МАМЫР**[1] зат. <лат. maius> **1.** *Күнтізбелік жылдың бесінші айы, көктемнің үшінші айы.* **2.** ауыс. *Жайма-шуақ күн. // Сазды, әуенді. // Жайлы, жібектей.*

**МАМЫР**[2] зат. вет. *Жылқының аяқ ауруы.*

**МАМЫР**[3] зат. *Үйрек, қаздың балапаны.*

**Мамырға жығылды.** *Үйрек-қаз әбден семіріп, көтеріліп ұша алмай қалды.*

**МАМЫР**[4]**: мамыр болды.** *Мамыражай тұрмыс кешті.*

**МАМЫР**[5] зат. өс. *Биік тау жайылымдарында өсетін, дәрілік қасиеті бар жусан тәріздес шөп.*

**МАМЫРА** сын. *Жаймашуақ, жадыраңқы.*

**МАМЫРАЖАЙ** сын. *Жайма-шуақ, жадыраңқы қалып, күй.*

**МАМЫРА-ЖАЙ** зат. **1.** *Желсіз, тымық, жанға рахат, тамылжып тұрған күншуақты күн.* **2.** ауыс. *Өмір-тіршіліктің жайбарақат емін-еркін, күншуақты, жайдарлы сәттері.*

**МАМЫРАСЫН** сын. сөйл. *Мамыражай, жаймашуақ.*

**МАМЫРГҮЛ** зат. өс. <лат. syringa> *Оңтүстік аймақтарда өсірілетін, биіктігі 3-5 см-дей, ақ, көк, қызғылт гүлді, хош иісті мәдени бұта.*

**МАМЫРДАЙ** сын. *Мамыр сияқты, мамыр тәрізді.*

**МАМЫРҚҰС** зат. зоол. <лат. actitis hypoleucos> *Татреңділер отряды балықшылар тобына жататын құс.*

**МАМЫРЛА=** ет. **1.** *Баяу қозғалып, жай басу; тояттану.* **2.** ауыс. *Біртіндеп тоқтау, басылу.* **3.** ауыс. *Қоңыр, жағымды дауысқа салу (ән айту).*

**Мамырлай жылжыды.** *Жай, баяу қозғалды, ақырын, баппен ілгері жүрді.*

**МАМЫРЛАН=** ет. *Салмақтан иілген, ырғатылған.*

**МАМЫРЛАНУ** *Мамырлан етістігінің қимыл атауы.*

**МАМЫРЛАС=** ет. *Табысу, қауышу, көрісу.*

**МАМЫРЛАТ=** ет. **1.** *Құмай, өз ауанымен, жайлы етіп жаю (малды).* **2.** ауыс. *Қоңыр, жағымды дауысқа салып, ән айту.*

**МАМЫРЛАТУ** *Мамырлат етістігінің қимыл атауы.*

**МАМЫРЛАУ** *Мамырла етістігінің қимыл атауы.*

**МАМЫРЛЫ** сын. *Жайма-шуақ, мамыражай.*

**МАМЫРСТАН** сын. **1.** *Жайма-шуақ, мамыражай.* **2.** ауыс. *Бейбіт, тыныш.*

**МАМЫТ**[1] зат. өс. *Батпақты жерлерде өсетін, жапырақтарының бетінде көгіршік шығарып тұратын бездері болатын, ылғал сүйгіш өсімдік.*

**МАМЫТ**[2]**: мамыт жайды.** көне. *Кең қанат жайды.*

**МАН**[1]**: ие, Ханнан, ие Маннан.** көне. *Нар тәуекел, қайдан шықса, онан шықсын деп.*

**МАН**[2] [нем. Man] зат. филос. *Экзистенциализмнің негізгі ұғымдарының бірі.*

**МАНА**[1] зат. жерг. **1.** *Темір тырма.* **2.** *Тобылғы, ырғайдан жасайтын, ортасына, басына ағаш өткізілген, кесек топырақты үгітіп, атызды майдалауға арналған құрал.*

**МАНА**[2] үст. жерг. *Сәл бұрын, әлгібір әзірде, бағана, әлгінде.*

**МАНАҒЫ** сын. жерг. *Әлгі бір әзірдегі, бағанағы, әлгіндегі.*

**МАНАҒЫДАЙ** сын. жерг. *Бағанағыдай.*

**МАНАҒЫДАН** үст. жерг. *Манадан, бағанадан.*

**МАНАДАН** үст. жерг. *Бағанадан, біраздан бері.*

**Манадан [бағанадан] бері.** *Біраз уақыт ішінде, бағанадан.*

**МАНАЙ** зат. өс. *Айдалған жерлерге шығатын шөптесін өсімдік.*

**МАНАҚ** зат. жерг. *Жылқы не сиыр қарны.*

**МАНАҚА** зат жерг. **1.** *Машақат, қол байлайтын жұмыс.* **2.** ауыс. *Мәніс, мағына.*

**МАНАЛЫ: маналы бері [берлі].** *Бағанадан, біраздан бері.*

**МАНАП**[1] зат. көне. *Қырғыз төрелері.*

**МАНАП**[2] зат. бот. <лат. citrus paradisi> *Түт тұқымдас цитрус туысына жататын мәңгі жасыл ағаштар және оның диаметрі 15 см-дей ірі жемісі.*

**МАНАПАС: манапас қылды**. *Садақа етті.*

**МАНАПТАЛ**: **сыбағадан манапталды.** *Сыбағадан құр қалды.*

**МАНАР: манар тау.** *Жайлы қоныс, шексіз кең алқап.*

**МАНАРДАЙ: аппақ манардай**. бейн. *Толған айдай толықсып тұрған, сұлу, әдемі.*

**МАНАРЛЫ** сын. *Әдемі, сұлу.*

**МАНАРТ=** ет. *Қызару, албырау.*

**МАНАРТУ** *Манарт етістігінің қимыл атауы.*

**МАНАРЫС: манарыс шапан.** этн. *Бағалы, қызыл түсті қымбат шапан.*

**МАНАСШЫ** зат. *Қырғыз халқының белгілі эпикалық жыры «Манасты» айтатын жыршы; халыққа таратушы.*

**МАНАТ**[1] зат. **1.** *Барқыт тәрізді сырт киімдік бағалы шұға. // Манаттан тігілген.* **2**. *Қалың тоқылған жібектен, бағалы шұғадан тігілген шапан.*

**МАНАТ**[2] зат. жерг. *Теңге, сом.*

**МАНАТ**[3] зат. діни. *Исламға дейінгі дәуірде Ясриб (Медина қаласының көне атауы) қаласында мүшріктер табынған, Араб жазирасында ғана емес, Шамда құрмет тұтылған, жазмыш пен ажалдың әйел құдайының пұты.*

**МАНАУРА=** ет. **1.** *Керіліп-созылып жайбарақаттану.* **2.** *Мұлгіп, маужырау.*

**МАНАУРАН=** ет. *Маужыраған, мұлгіген күйде болу.*

**МАНАУРАНУ** *Манауран етістігінің қимыл атауы.*

**МАНАУРАҢҚЫ** сын. *Жайбарақат, керенау.*

**МАНАУРАС=** ет. *Керіліп, созылып, жайбарақат күйде болысу.*

**МАНАУРАСУ** *Манаурас етістігінің қимыл атауы.*

**МАНАУРАТ=** ет. *Маужырату, ұйқысын келтіру.*

**МАНАУРАТУ** *Манаурат етістігінің қимыл атауы.*

**МАНАУРАУ** *Манаура етістігінің қимыл атауы.*

**МАНГАЛ** зат. *Көбіне кәуап пісіруде қолданылатын аяғы бар, мұржасыз темір пеш.*

**МАНГАНАТТАР** зат. хим. **1.** *Құрамына оттек кіретін марганец қышқылдары тұздарының жалпы атауы.* **2.** *Құрамында $=MnO_4$ атомды топтамасы бар, марганец қышқылының тұздары; химиялық қосылыстың топтары.*

**МАНГАНИН** [грек. manganum] зат. хим. *Негізі мыстан (11,5—13,5%) тұратын, оған марганец пен никель (2,5—3,5%) қосылған немесе негізі марганецтен тұратын, оған никель мен мыс қосылған қорытпалардың жалпы атауы.*

**МАНГАНИТ** [грек. manganum] зат. хим. *Марганец кені болып келетін $MnO(OH)$ - гидроксидтер тобына жататын минерал.*

**МАНГО** [франц. mango] зат. өс. *Сарғыш-жасыл, тәтті жемісі бар хош иісті мәңгі жасыл тропиктік шырышты ағаш.*

**МАНГР** зат. бот. <лат. mangrove> *Мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар өскен ормандар.*

**МАНДАЛА** зат. жерг. *Сырткиімдік матаның бір түрі.*

**МАНДАМ** зат. вет. *Жылқы мойнының екі жағын және тамағының астын без басып, уытты жараға айналатын жұқпалы ауруы.*

**МАНДАРИН**[1] зат. *Төңкерістен бұрынғы Қытайдағы мемлекеттік шенеулік.*

**МАНДАРИН**[2] зат. өс. <лат. citrus reticulata> **1.** өс. *Вуталар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл аласа ағаш.* **2.** тамақ. *Мандарин ағашының домалақ, сарғыш түсті өте дәмді, хош иісті, шырынды жемісі.*

**МАНДАТ** [лат. mandatum] зат. **1.** *Ұсынған адамның өкілеттілігін немесе құқықтылығын дәлелдейтін құжат.* **2.** *Талап, міндет.* **3.** тар. *Рим империясында императордың құқық қолданушылық мәселелері бойынша лауазымды адамдарға нұсқау ретінде шығарылатын қаулысы.* **4.** ауыс. *Жолдама.*

**Мандат комиссиясы**. *Съезде, конференция, конгрестерде, парламенттерде делегаттардың, депутаттардың өкілеттігін тексеру үшін құрылатын комиссия.*

**МАНДАТТЫ** сын. *Өкілетті, құжатты.*

**МАНДИБУЛАЛАР** [лат. mandibula] зат. зоол. *Буынаяқтылардың бас бөліміндегі ауыз аппаратының жұп жоғарғы жақтары.*

**МАНДОЛ** зат. муз. *Мандолиннің шанағы жайпақ келген түрі.*

**МАНДОЛИН** [итал. mandolino] зат. муз. *Шертіп ойнайтын, көп ішекті, сопақша келген, орыс халқының музыкалық аспабы.*

**МАНДЫ=** ет. *Өнімді болу, алға басу, көбею.*

**МАНДЫБАС** сын. сөйл. ***Маубас.***

**МАНДЫМ** зат. көне. *Өнім, құнар.*

**МАНДЫМДЫ** сын. *Өнімді, мардымды, жарытқан.*

**МАНДЫМСЫЗ** сын. *Өнімсіз, жарытымсыз.*

**МАНДЫР=** ет. сөйл. ***Манды.***

**МАНДЫРТ=** ет. *Жарыту, өндірту.*

**МАНДЫРТУ** *Мандырт етістігінің қимыл атауы.*

**МАНДЫРУ** *Мандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАНДЫРЫМДЫ** сын. сөйл. ***Мандымды.***

**МАНДЫТ=** ет. *Жарыту, мандымды ету.*

**МАНДЫТУ** *Мандыт етістігінің қимыл атауы.*

**МАНЖАҚЫ** зат. вет. *Мал бедеулігі, қашақ, қасаң, күйті қанбаушылық, қарығы шықпаушылық.*

**МАНЕВР** [франц. manoeuvre] зат. әск. **1.** *Ұрыс операциясын әзірлеу және жүргізу кезінде алға қойған мақсаттың өзгеруіне байланысты әскерлерді қайта орналастыру, қару-жарақты қарсыластың аса маңызды нысандарына бағыттап, ұрымтал тұстан қайта нысанаға алу.* **2.** *Космостың ұшу аппараттарының орбиталарын әдейілеп өзгертуі.*

**Маневр аэродромы**. әск. *Ұрыс қимылдары барысында әскерлерді, ұрыс техникасы мен материалдық құралдарды жайғастырып орналастыруға, торуылға, жанар-жағармайды қайта құюға, тиеуге немесе түсіруге бөлінген авиациялық бөлімдер.* **Маневр жасады**. әск. *Соққы беретін тұстарды қырт, тез, әдейі ауыстырды.* **Маневр жолдары**. әск. *Құрамалардың (бөлімдердің) әрекет жасау аумағында екінші эшелондардың маневрлері үшін, материалдық құралдарды жеткізуге, науқастар мен жаралыларды, қираған техника, қару-жарақ және әскери мүліктерді жеткізуге арналған әскери жолдар.*

**МАНЕВРЛІ** сын. әск. *Өзгеруге тез бейімделген.*

**Маневрлі соғыс**. әск. *Әскердің ұрыс әрекеттерінің негұрлым оңтайлы түрлерін қолданатын соғыс түрі.* **Маневрлі тактика**. әск. *Бірнеше әскер бөлімшелерін қоса отырып, қарсыласқа ойсырата соққы беруді ұйымдастырудың теориясы мен практикасы.*

**МАНЕВРЛЕР** зат. әск. *Жергілікті жерде, теңізде, әуеде операцияларды (ұрыс қимылдарын) соғысқа жақын жағдайда дайындау мен жүргізудің маңызды мәселелерін шешу мақсатында өткізілетін әскерлерді (күштердің) оперативтітактикалық және оперативті-стратегиялық ауқымдағы екі жақты жаттығуы.*

**МАНЕВРЛІЛІК** зат. әск. *Қарулы күштер түрлері мен әскер түрлеріндегі олардың қозғалыстағы жылдамдық дәрежесін, қозғалысты тез жүзеге асыра алуын, ұрыстық ретке жайылуын және ұрыс қимылдары кезіндегі маневрлерін сипаттайтын оперативті-тактикалық қабілеті.*

**МАНЕЖ** [франц. manege] зат. **1.** *Арнайы жабдықталған алаң, дала (ашық) немесе арнайы (жабық) гимарат (аттарды үйрету, жарысқа жарату және атты спорт жарыстарына дайындық жүргізілетін, ветеринарлық көмек көрсетілетін).* **2.** *Спорт алаңы.* **3.** өнер. *Цирк сахнасы.* **4.** *Жаңа жүрейін деп жүрген балаларға арналған қоршау.*

**МАНЕЖДЕ ШАБУ** спорт. *Атпен өнер көрсетудің бір түрі.*

**МАНЕКЕН** [франц. mannequin] зат. **1.** *Киім өлшеу үшін және киім сәнін көрсету үшін жасалған адамның дене тұрқы тәрізді қалып.* **2.** *Суретшілер пайдаланатын, қол-аяғы қозғалмалы ағаш қуыршақ.*

**МАНЕТ** [ор. монета] зат. сөйл. *Ақша, алтын теңге.*

**МАНЖАМ** зат. жерг. *Астроном, аспан әлемін зерттеуші.*

**МАНЖАМДЫ** сын. жерг. *Үлкен, шеңгелдей.*

**МАНЖАНЫҚ** зат. жерг. *Тас ататын құрал.*

**МАНЖЕТ** [франц. manchete] зат. **1.** *Киім жеңінің астына қойыла тігілген қабаттамасы.* **2.** тех. *Су ағып кетпеу үшін мәшиненің поршень сорғысын, гидравликалық пресін т.б. бекіткен теріден ия резеңкеден жасалған сақина.*

**МАНИАКАЛ** [грек. maniacal]**: маниакал синдромы**. пед. *Адам психикасының патологиялық жағдайға ұшырауынан туындайтын көңіл күйдің шамадан тыс көтерілуі (эйфория).*

**МАНИКЮР** [франц. manicure] зат. *Қолдың тырнақтарын арнайы күту шаралары.*

**МАНИКЮРЛЕН=** ет. *Қол тырнақтарының егеліп, жөнделуі, бояу жағылуы.*

**МАНИКЮРЛЕНУ** *Маникюрлен етістігінің қимыл атауы.*

**МАНИКЮРШІ** зат. *Маникюр жасаумен маманданған адам.*

**МАНИОК** [исп. manioca] зат. өс. *Сүттіген тұқымдас тропиктік өсімдіктер туысы; құрамында крахмал болатын түйнекті өсімдік.*

**МАНИПУЛЯТОР**[1] [франц. manipulateur] зат. тех. **1.** *Басқару ісін тәртіппен отыратын бақылаушы аспап.* **2.** *Телеграмма жіберетін аппарат.* **3.** *Кеңістіктегі нысанды (бұйым, дайындама, зат) өңдеуде, орнын өзгертуде т.б. адам қолының қимылына ұқсас қозғалыс функцияларын атқаратын жұмыс органымен жабдықталған механизм.*

**МАНИПУЛЯТОР**[2] зат. экспр. **1.** *Қолмен күрделі қимылдар, іс-әрекеттер жасаумен айналысушылық.* **2.** ауыс. *Алдап, арбаушы, амалайла, қулық әрекет жасаушы.* **3.** *Көз байлаушы, сиқыршы.*

**МАНИПУЛЯЦИЯ** [франц. manipulatio] зат. *Қандай да бір көздеген айлалық мақсатқа жету үшін фактілерді бұрмалап, қулық, айлакерлік жасау.*

**МАНИФЕСТ** [лат. manifestus] зат. саяси. *Жоғары биліктің, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың маңызды оқиғаларға байланысты халыққа арналған хат жүзіндегі үндеуі.*

**МАНИФЕСТАЦИЯ** [лат. manifestatio] зат. саяси. *Бір іске, оқиғаға тілектестігін не қарсылығын білдіру мақсатындағы адамдардың алаңдардағы, көшелердегі, саябақтардағы топтасуы.*

**МАНИХЕЙЛІК** сын. *Еуразиялық көшпенділердің тәңірге табынушылық дүниетанымы.*

**МАНКО** [итал. manco] зат. экон. *Тауардың кем өлшенуі.*

**МАННА** [лат. manno] зат. **1.** тамақ. *Кейбір өсімдіктердің сыртқы қабығына қатқан немесе тағам ретінде пайдаланылатын шырыны.* **2.** өс. *Қынаның диаметрі 4 см болатын түйіршік тәрізді түрі.*

**МАННАН** зат. көне. діни. *Алла тағаланың абзал 99 есімінің бірі; Жомарт, Қайырымды.*

**МАННИТ** зат. хим. *Көптеген өсімдіктердің құрамында болатын; олиф, синтездік шайыр, лактар алуға және тамақ өнеркәсібінде, парфюмерияда қолданылатын HOCH2(CHOH)4CH2OH - алты атомды алифаттық спирт.*

**МАННОЗА** зат. биол. *Гексоза тобына жататын моносахарид, глюкозаның изомері.*

**МАНОМЕТР** [грек. manos – сирек, metron – өлшеу] зат. физ. *Сұйық пен газдың қысымын өлшеуге арналған құрал.*

**МАНПАСИ** зат. сөйл. ***Мәнпаси.***

**МАНСАП** [ар. منصب] зат. **1.** *Қол жеткен лауазым, қызмет, атақ-дәреже, шен-шекпен.* **2.** терм. <франц. carriere> *Белгілі бір қызмет саласындағы өрлеу.*

**Мансабы жоғары**. *Қызметі биік, атақ-дәрежесі жоғары.* **Мансап иесі**. *Белгілі бір қызметі, жоғары атағы бар.* **Мансапқа қызықты**. *Мансаптың соңына түсті.* **Мансапқа сатылды**. *Биік лауазым, жоғары қызмет үшін өзінің өмірлік ұстанымдарынан бас тартты.* **Мансап қонды**. *Дәреже, атаққа ие болды.* **Мансап қуды.** *Билік алудың, жоғары қызмет иеленудің соңына түсті.* **Мансап іздеді**. *Билік алудың соңына түсті, дәреже, атаққа құмартты.*

**МАНСАПҚОР** [ар. منصبخور] сын. *Шенқұмар, жоғары қызмет үшін барын салатын. // Шенқұмар, билікқұмар адам.*

**МАНСАПҚҰМАР** сын. *Мансапқор, әкімшіл.*

**МАНСАПҚОРЛЫҚ** зат. *Адам бойындағы шенқұмарлық, әкімшілік қызметке үйір болушылық; мансапқұмарлық, жеңіл қызметке құмарлық сияқты жағымсыз қасиет.*

**МАНСАПТЫҚ** сын. *Мансап дәрежесіне сай, соған лайық. // Мансапқа ие болушылық.*

**МАНСАПШЫ** сын. сөйл. ***Мансапшыл.***

**МАНСАПШЫЛ** сын. *Шенқұмар, мансапқор, мансап сүйетін.*

**МАНСАРДА** [франц. mansarde] зат. *Шатырдың астында, төбесі көлбеу жабылатын тұрғынжай.*

**МАНСИЛЕР** зат. *Ресейдегі Ханты-Мансий автономиялық округтің негізгі тұрғындары.*

**МАНСҰҚ** [ар. منسوخ] сын. *Жарамсыз, қолдануға жарамайтын.*

**Мансұқ болды**. *Жарамсыз, қажетсіз болды.* **Мансұқ етті [қылды].** а) *Жоққа шығарды, іске алғысыз етті.* ә) *Керек қылмады, қажетсінбеді.* **Мансұқ көрді**. *Әлдеқандай қылды, мардымсыды.*

**МАНСҰҚТА=** е т. *Жоққа шығару, жаратпау.*

**МАНСҰҚТАЛ=** е т. *Мойындамау, жоққа шығару жаратпау.*

**МАНСҰҚТАУ** *Мансұқта етістігінің қимыл атауы.*

**МАНСҰП** [ар. منصوب] з а т. к ө н е. *Біреудің шығармашылығына, ой еңбегіне тән болушылық.*

**МАНТИКИН** з а т. е с к і к і т. *Сөз баптаушылар.*

**МАНТИЯ**[1] [грек. mantion] з а т. *Кең пішілген, жерге дейін шұбатылған, патшалардың, дінбасылардың, соттар мен академия мүшелерінің салтанатты жағдайларда киетін киімі.*

**МАНТИЯ**[2] з а т. г е о г р. *Жер қыртысы мен ядросының аралығында орналасқан геосфера.*

**МАНТИЯ**[3] [грек. mantion] з а т. з о о л. *Омыртқасыз жануарлардың (моллюск, иықаяқтылар, мұртаяқты шаянтәріздiлер) денесін түгелдей не ішінара жауып тұратын тері қатпары.*

**Мантия қатпары.** б и о л. *Ұлулардың (моллюскілердің) бақалшағын астарлай жауып жатқан тері қатпары.* **Мантия қуысы**. б и о л. *Ұлулардың (моллюскілердің) денесі мен мантия аралығындағы қуыс.*

**МАНТО** [франц. manteau] з а т. *Жеңін кең етіп тіккен әйел пәлтесі.*

**МАНТУ** м е д. з а т. *Туберкулезді ерте бастан анықтау үшін тері астына егілетін сынама (укол).*

**МАНТЫҚА** з а т. а й м а қ. *Қисын, логика.*

**МАНТЫРА=** е т. *Шатасу, шату, аузына келгенін сөйлеу.*

**МАНУАЛЬДІ** [лат. manualis]: **мануальді терапия**. м е д. *Ағзаның тірек-қимыл аппаратының патологиясын зерттейтін және емдейтін медицинаның жаңа саласы.*

**МАНУФАКТУРА** [лат. manus – қол, factura – жасау] з а т. тар. *Еңбек бөлінісіне негізделген капиталистік еңбек кооперациясы.*

**МАНШЫ** зат. көне. діни. ***Хатшы.***

**МАНЬЧЖУР** зат. *Алтай тілдері шоғырының тұңғыс-маньчжур тобына жататын Қытайдың солтүстігіндегі халық.*

**Маньчжур тілі.** л и н г в. *Маньчжур халқының хэйлунцзян тұрғындары мен Шыңжаң өлкесінің сібелері (сибиндер) сөйлейтін тіл.*

**МАҢ**[1] з а т. **1.** *Маңай, жаны.* **2.** *Айнала, жан-жақ, төңірек.*

**Маңына дарытпады.** *Жақындатпады, жолатпады.* **Маңынан жүргізбеді.** *Жолатпады, жақындатпады.* **Маңына отырғызбады**. *Жанына жақындатпады, жолатпады.*

**МАҢ**[2] с ы н. **1.** *Жай, ақырын, баяу, тыныш.* **2.** *Паң, маңғаз.*

**Маң бәйбіше**. *Салиқалы әйел, кербез бәйбіше.* **Маң қоңыр.** көне. *Үлкен, дөңкиген төбе.* **Маң төбет.** көне. *Үлкен денелі, қотан қоритын, мал күзететін ит.*

**МАҢ**[3]: **маң қараңғы.** *Айсыз түннің қараңғысы.*

**МАҢ**= е т. *Жайлап, баппен жүру.*

**МАҢАЙ** з а т. **1.** *Бір нәрсенің төңірегі, маңы.* **2.** *Айнала, жан-жақ, қоршаған орта.* **3.** *Жақын жер, таныс жер, өз іші.* **4.** *Қоршаған қоғамдық орта, айналасындағы адамдар.*

**Маңайды қақты.** ж е р г. *Маңайды түгел шарлады, қарады, іздеді.* **Маңайына жуымады**. *Жақындамады, аулаққа қашты.* **Маңайына жуытпады**. *Жолатпады, жақындатпады.* **Маңайында ит те жоқ.** *Жападан-жалғыз, қара басы ғана қалды.*

**МАҢАЙДАҒЫ** с ы н. **1.** *Жақын, айналадағы, аралас.* **2.** *Жанындағы, қасындағы. // Жанындағы, айналасындағы адамдар.*

**МАҢАЙЛА=** е т. **1.** *Маңайына жақын келу.* **2.** а у ы с. *Айналшықтау, орағыту.* **3.** а у ы с. *Әлі келу, тісі бату, қолынан келу.* **4.** а у ы с. *Шамалау, жуықтау.*

**МАҢАЙЛАС** ү с т. *Іргелес, жуықтас, жақынырақ.*

**МАҢАЙЛАС**= е т. **1.** *Жақындасу, араласқұралас болу.* **2.** ауыс. *Теңесу, сай келу.*

**МАҢАЙЛАСТЫР=** е т. *Жолату, жуыту.*

**МАҢАЙЛАСТЫРУ** *Маңайластыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢАЙЛАСУ** *Маңайлас етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢАЙЛАТ=** е т. *Жуыту, жолату.*

**МАҢАЙЛАТТЫР=** е т. *Жолатқызу, жуыту.*

**МАҢАЙЛАТТЫРУ** *Маңайлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢАЙЛАТУ** *Маңайлат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢАЙЛАУ** *Маңайла етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢАЙТ** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Маңай.***

**МАҢАЙЫНА** ү с т. *Қасына, маңына.*

**МАҢАЙЫНДА** ү с т. *Маңында, қасында.*

**МАҢАР**= е т. *Еліту, емірену.*

**МАҢҒАЗ** с ы н. **1.** *Паң, керенау, кербез, тәкаппар.* **2.** *Байыпты, байсалды, салмақты.* **3**. а у ы с. *Асықпайтын, жайбаракат.* **4.** а у ы с. *Керілген, жайқалған.*

**МАҢҒАЗДАН=** е т. **1.** *Паңсыну, тәкаппарлану.* **2.** *Керілу, найқалу.*

**МАҢҒАЗДАНУ** *Маңғаздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҒАЗДАУ** с ы н. *Байсалдылау, салмақтылау, кербездеу.*

**МАҢҒАЗДЫҚ** з а т. *Кербездік, салмақтылық, байсалдылық.*

**МАҢҒАЗДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Маңғаздық.***

**МАҢҒАЗДЫРАҚ** з а т. с ө й л. ***Маңғаздау.***

**МАҢҒАЗСУ** *Маңғазсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҒАЗСЫ=** е т. *Паңсыну, тәкаппарсу, өзін әлдеқандай етіп көрсету.*

**МАҢҒАЗСЫН=** е т. *Паңсыну, тәкаппарсыну.*

**МАҢҒАЗСЫНУ** *Маңғазсын етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҒАЛ** с ы н. к ө н е. *Шебер, уста.*

**МАҢҒЫЛ: маңғыл қасқа.** *Маңдайы, тұмсығы тұтас ақ болып келген жылқы.*

**МАҢҒЫСТА**[1]**=** е т. *Аспай-саспай баппен қимылдау.*

**МАҢҒЫСТА**[2]**=** е т. *Өндіртіп істеу.*

**МАҢҒЫСТАТ=** е т. *Өндіріп істеуге бап жасау.*

**МАҢҒЫСТАТУ** *Маңғыстат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҒЫСТАУ** *Маңғыста етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҒЫТ** зат. көне. *Ит түрі, тұқымы.*

**МАҢДАЙ** з а т. **1.** *Бастың жоғары жағының алдыңғы бөлігі.* **2.** а у ы с. *Есіктің жоғары жағы.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің ең жақсысы, таңдаулысы.* **4.** а у ы с. *Тағдыр, пешене.* **5.** а у ы с. *Қолдағы бары, жиған-тергені.*

**Маңдай алдында**. *Тура алдында, қарама-қарсы.* **Маңдайға біткен.** *Пешенесіне жазылған, бұйырған.* **Маңдайға біткен шырақтай.** б е й н. *Сүйенер, сенер, қамқор адам туралы.* **Маңдайға бітті.** *Тағдырдан бұйырды, маңдайға жазылды.* **Маңдайға жазбады.** *Бұйыртпады, пешенесіне жазбады.* **Маңдайға жазған**. *Өзіне тән, бұйыртқан.* **Маңдайға [маңдайына] жазды.** *Тағдыры осылай болды, бақ-талайына осы түсті; тағдырдың дегені.* **Маңдайға сыймады.** *Бұйыртпады, тұрақтамады, айырылды деген мағынада.* **Маңдайға тиді.** *Тақсіретін тартты, қиыншылығын көрді.* **Маңдайдағы құндызым.** э к с п р. *Қуанышым, сүйенішім, тірегім деген мағынада.* **Маңдайдағы сызық [қыртыс].** *Әжім.* **Маңдайдан сипады**. *Жақсы көріп, іш тартты.* **Маңдайларың ашылсын!** б а т а. *Жолдарың болсын.* **Маңдай салды**. *Алға түсті, қол бастады.* **Маңдай тер**. *Істеген адал еңбек, жұмсалған күш.* **Маңдай термен күн кешті [күн көрді].** *Адал еңбегімен күн кешті.* **Маңдай тері ақталды.** *Еңбегінің жемісін көрді, бейнетінің зейнетін көрді.* **Маңдай тері ақты [моншақтады, саулады, сорғалады, шұбырды]**. *Қара терге түсті, тер басты.* **Маңдай терімен тапты [маңдай терін сыпырды, төкті].** *Аянбай еңбектенді, бар күш-жігерін салды, бейнеті сіңді.* **Маңдай түзеді.** *Бағыт алды, бет алды.* **Маңдай терін [бес] сыпырды.** *Бейнеттенді, еңбек етті, еңбек сіңірді.* **Маңдай терін тамшылата төкті.** *Аянбай еңбек етті, еңбектенді.* **Маңдай тіреді**. *Бір нәрсеге таяу келіп тоқтады.* **Маңдай шашын ағартты.** *Шашының маңдай тұсына ақ түсірді.* **Маңдайы жарқырады**. *а) Ұнасымды біткен кең ақ маңдайы көз тартты. ә) Бағы ашылды.* **Маңдайы жарылды [жарылып тұрды].** *Жолы болып, бағы ашылды, сәті түсті.* **Маңдайы кере қарыс.** *Маңдайы кең, ашық.* **Маңдайы күнге күйді.** *Азап көрді, мехнат шекті, қиналды.* **Маңдайына басқан**. *Ардақтаған, аялап сақтаған.* **Маңдайына дақ тимеді [салмады].** *Бетінен ешкім қақпады.* **Маңдайынан иіскеді.** *Жақсы көрген жақын адамын бауырына тартып, маңдайына мұрнын тақап иісін алды, емiрендi, мейірленді, аймалады.* **Маңдайынан көрді**. *Талайынан, бағынан көрді.* **Маңдайынан күн өтті.** *Азап, мехнат шекті, қиналды.* **Маңдайынан [басынан, басын] сипады.** *Мүсіркеп аяушылық етті, жаны ашып, қамқорына алды.* **Маңдайына сор қатты.** *Сорлады, қиындық көрді, азап шекті, қатты қиналды.* **Маңдайынан шертіп жүріп**. *Таңдап-талғап.* **Маңдайына сыймады**. *Жоқ болды, өлді, жоғалды.* **Маңдайына шертпеді.** *Қарсы келмеді, айтқанын істеді.* **Маңдайында қырсық [сор] бар.** *Бақытсыз, соры қалың.* **Маңдайын таңдырды.** *Басын байлатып алды.* **Маңдайын тосты.** *Қарсы тұрды.* **Маңдайының қырыс-тырысы жазылды.** *Реніші, кейісі тарқады; көңілденді, жадырады.* **Маңдайының соры қалың [бес елі].** *Барып тұрған бақытсыз, бағы жанбаған.* **Маңдайының сорына.** *Бақытсыздығына, сорына қарай.* **Маңдайы солқылдады.** *Басы шағып ауырды.* **Маңдайы тасқа тиді**. а) *Бейнет көрді, азап шекті, қиналды.* ә) *Беті қайтты, тауы шағылды.* **Маңдайы терлеп көрмеді.** *Шынтуайттап жұмыс істемеді, бейнет көрмеді.* **Маңдайы [шып-шып] терщіді.** *Қиналғаннан терлеп кетті.* **Маңдай із**. *Іздің беталысын білдіретін, шыққан бағыты.*

**МАҢДАЙАЛДЫ** з а т. **1.** *Ең үздік, озат, екпінді.* **2.** *Ең басты, ең негізгі.*

**МАҢДАЙЛА=** е т. *Бір нәрсені бетке алып жүру, нысана тұту.*

**МАҢДАЙЛАТ=** е т. *Бір бағытты бетке алдыру.*

**МАҢДАЙЛАТУ** *Маңдайлат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢДАЙЛАУ** *Маңдайла етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢДАЙЛЫ** с ы н. *Үлкен, кең маңдайы бар, маңдайы жазық.*

**МАҢДАЙЛЫҚ** зат. *Баскиімнің маңдай жағы, күнқағары.*

**МАҢДАЙСЫЗ** сын. ауыс. *Бақталайсыз, бақытсыз.*

**МАҢДАЙША** зат. **1.** *Екі босағаның үстіңгі жағын бекітіп тұратын көлденең ағаш.* **2.** этн. жерг. *Сәукеленің маңдайына тағатын асыл тасты, күміс әшекей.*

**МАҢДАМ** зат. вет. <лат. lymphangitis epizootica> *Жылқыда, есекте, қашырда кездесетін, жарақаттанған тері арқылы лимфа бездері мен тамырлары зақымдалатын жұқпалы, созылмалы ауру.*

**МАҢДАТ=** ет. жерг. ***Маңайлат.***

**МАҢҚ**: **маңқ етті.** *Тұншыққан, көмескі дыбыс шығарды.*

**МАҢҚА**[1] зат. *Адамның, малдың мұрнынан шығатын қоймалжың зат; мұрынбоқ.*

**МАҢҚА**[2] зат. вет. [лат. malleus] *Жылқыда т.б. болатын жұқпалы ауру, өте қауіпті індет.*

**МАҢҚА**[3] зат. өс. сөйл. ***<Маңқажапырақ>.***

**МАҢҚАЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Жапырақтары үлкен, бетін ақ түсті жіңішке тор басып тұратын түйежапырақтың бір түрі.*

**МАҢҚАЙ=** ет. сөйл. ***Маңқи.***

**МАҢҚАЙЫС=** ет. *Маңқиып отырысу.*

**МАҢҚАЙЫСУ** *Маңқайыс етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҚАЛАН=** ет. *Мыңқылдау, міңгірлеу.*

**МАҢҚАШӨП** зат. өс. сөйл. ***Маңқажапырақ.***

**МАҢҚАЮ** *Маңқай етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҚИ=** ет. **1.** *Жайбарақат қалыпта болу.* **2.** ауыс. *Мұнарту.*

**МАҢҚИЮ** *Маңқи етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢҚ-МАҢҚ** елік. *Маңқылдаған, көмескі дыбысты білдіретін сөз.*

**Маңқ-маңқ етті.** *Міңгірлеген, маңқылдаған көмескі дыбыс шығарды.*

**МАҢҚЫ** зат. биол. <лат. gallinago media> *Тауқұдірет тұқымдасына жататын құс.*

**МАҢҚЫЛДА=** ет. *Маңқ-маңқ еткен дыбыс шығару, ұру.*

**МАҢҚЫЛДАУ** *Маңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЛЫҚ** сын. *Алтын, күміс, зер қосып тоқылған қытай жібегі.*

**МАҢ-МАҢ: маң-маң басты.** *Аспай-саспай жайлап жүрді.*

**Маң-маң басты.** *Аяғын әрең алып жүрді.*

**МАҢМАҢГЕР** зат. **1.** *Жүрісі жайлы, бірқалыпты мінезді ат.* **2.** ауыс. *Асықпайтын, байсалды, байыпты адам*

**МАҢМАҢГЕРДЕЙ** сын. *Маңмаңгер сияқты, маңмаңгер тәрізді.*

**МАҢУ** *Маң етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢШӨМІШ** зат. тех. *Металл қорытуда қолданылатын ожау іспеттес үлкен металл ыдыс.*

**МАҢЫЗ** зат. *Бір нәрсенің өмірдегі орны, мәні, қадірі.*

**МАҢЫЗДАН=** ет. **1.** *Өзін әлдеқандай етіп көрсету, маңғаздану.* **2.** ауыс. *Мән-мағынасы арту, күшею.*

**МАҢЫЗДАНДЫР=** ет. *Маңызын арттыру.*

**МАҢЫЗДАНДЫРУ** *Маңыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫЗДАНУ** *Маңыздан етістігінің қимыл атауы маңғаздану.*

**МАҢЫЗДЫ** сын. *Аса құнды, мәнді, маңызы зор.*

**МАҢЫЗДЫЛЫҚ** зат. *Маңызы зорлық, мәнділік.*

**МАҢЫЗДЫРАҚ** сын. *Мәні зорырақ, мәндірек.*

**МАҢЫЗСУ** *Маңызсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫЗСЫ=** ет. сөйл. *Маңызданып маңғазсу.*

**МАҢЫЗСЫЗ** сын. *Мәні жоқ, құнсыз. // Маңызы жоқ дүние.*

**МАҢЫРА=** ет. **1.** *Қой, ешкі сияқты ұсақ малдың енесін немесе үйірін, төлін іздеп «мә-ә-ә» деп дыбыс шығаруы, тануы, қуануы т.б.* **2.** ауыс. *Адамның зарлануы.*

**МАҢЫРАМА** зат. эвф. *Қойдың жанама атауы, қойды «қой» деп тура атамаушылық.*

**МАҢЫРАС=** ет. *Қосылып маңырау.*

**МАҢЫРАСУ** *Маңырас етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫРАТ=** ет. **1.** *Ұсақ малды шулату.* **2.** ауыс. *Зарлату, ойбайлату.*

**МАҢЫРАТУ** *Маңырат етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫРАУ** *Маңыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫРАУЫҚ** сын. *Қайта-қайта маңырай беретін, маңырағыш.*

**МАҢЫСТА=** ет. сөйл. ***Маңғыста*** *(аспай-саспай байсалдылықпен жүру).*

**МАҢЫСТАУ** *Маңыста етістігінің қимыл атауы.*

**МАҢЫТ=** ет. *Жолату, жақындату.*

**МАО** зат. қаржы. *Қытайдың 1 юаньді құрайтын майда, тиын ақшасы.*

**МАОРИ** зат. *Жаңа Зеландиядағы жойылып бара жатқан халық.*

**МАОТАЙ** зат. *Қытайдың кеңінен танымал, күштілігі 60 градустық, түсі сарғыштау, күріштен жасалатын арағы.*

**МАПА** сын. *Үлбіреген жұмсақ, мамықтай үлпілдек.*

**МАПАҒАТ: мапағат таппады.** *Байыз таппады, шыдай алмады, дегбірсізденді.*

**МАП-МАЙДА** сын. **1.** *Тым ұсақ, уақ.* **2.** *Жұп-жұмсақ нәзік.* **3.** ауыс. *Сыпайы, әдепті.*

**МАР**[1] сын. *Жалғаса ұштасқан, тұтас, ірі.*

**МАР**[2] зат. миф. *Жылан.*

**МАРА** зат. жерг. **1.** *Бәс.* **2.** *Көкпардың бір түрі.*

**МАРАБУ** [франц. marabout] зат. зоол. *Ләйлектер туысына жататын, қауырсындары үлпілдеген, тропикалық ірі құс.*

**МАРАЙ=** ет. *Күшею.*

**МАРАЙМА** сын. *Жайдары, жадыраңқы, кеңпейіл.*

**МАРАЛ** зат. зоол. <лат. cervus elaphus> *Аша тұяқтылар тобына жататын сүтқоректі, ірі аң; бұғының ұрғашысы.*

**МАРАЛДАЙ** сын. *Марал тәрізді, марал сияқты.*

**МАРАЛДЫ** сын. *Марал өскен, маралы көп.*

**МАРАЛҚУРАЙ** зат. өс. <лат. veratrum lobelianum> *Биіктігі 1,5 метрден асатын, көпжылдық, шөптектес улы өсімдік.*

**МАРАЛМҮЙІЗ** зат. өс. сөйл. ***Маралоты.***

**МАРАЛОТЫ** зат. бот. <лат. thalictrum> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МАРАЛТАМЫР** зат. бот. <лат. rhaponticum cartha moides> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**МАРАЛШЕШЕК** зат. өс. сөйл. *Әлпеншектің бір түрі.*

**МАРАЛШӨП** зат. ***Маралоты.***

**МАРАЛШЫ** зат. *Марал өсіретін адам, бақташы.*

**МАРАПАЗ** зат. сөйл. ***Марапат.***

**МАРАПАТ** зат. *Қошемет, сый-сияпат, құрмет.*

**МАРАПАТТА=** ет. *Мадақтау, дәріптеу.*

**МАРАПАТТАЛ=** ет. *Дәріптелу, мадақталу.*

**МАРАПАТТАМА** зат. спорт. *Жеке спорт түрлері бойынша жарыстың жеңімпазы және жүлдегері атанған спортшылар мен командаларға берілетін құрметті құжат, диплом.*

**МАРАПАТТАС=** ет. *Мақтанысу, көтермелесу.*

**МАРАПАТТАСУ** *Марапаттас етістігінің қимыл атауы.*

**МАРАПАТТАУ** *Марапатта етістігінің қимыл атауы.*

**МАРАФОН** зат. спорт.

**МАРАФОНДЫҚ** сын. спорт.

**МАРАФОНШЫ** зат. спорт. *Марафондық жарысқа қатысушы, ұзақ қашықтыққа жүгіретін спортшы.*

**МАРБЛИТ** зат. зат. хим. *Боялған, қалыңдатылған күңгірт шыныдан жасалған қаптайтын материал.*

**МАРГАНЕЦ** [нем. Maganerz] зат. хим. *Суда жақсы еритін, көк жасыл түсті химиялық элемент.*

**МАРГАНЕЦТІ** сын. хим. *Құрамында марганеці бар, марганеці көп.*

**Марганецті шөгінділер.** хим. *Құрамында марганеці бар шөгінділер.*

**МАРГАНЦОВКА** зат. хим. *Марганецтің судағы ерітіндісі.*

**МАРГАРИН** [франц. margarine] зат. тамақ. *Жасанды май, мал, өсімдік майларының, сүттің, дәмдік және хош иістік және басқа заттардың қоспасынан жасалған тағамдық өнім.*

**Маргарин өнімдері.** тамақ. *Тағамдық қатты майлар.*

**МАРГИНАЛ** [лат. marginalis] зат. филос. *Әртүрлі әлеуметтік институттар мен топтар арасында аралық жағдайда тұрған, өз тобына тән белгілерінен айырылған жеке тұлғалар мен топтар.*

**Маргинал тұлға.** қоғ. *Ұлттық тіл мен мәдениетті жөндеп меңгере алмай, дүбәра жағдайда жүрген адамдар тобы.*

**МАРГИНАЛДАН=** ет. қоғ.-саяси. *Маргиналға айналу.*

**МАРГИНАЛДАНУ** *Маргиналдан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРГИНАЛДЫ** сын. *Жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың қоғамға қатысты оқшауланған, томаға тұйықталған жағдайы.*

**МАРГИНАЛДЫЛЫҚ** зат. филос. *Өз тобынан тыс жалпыға ортақ қабылданған ережелер мен түсініктерден басқа бірегейлік нормаларды табу, өз тобына тән белгілерден айырылып, дүбәра күй кешу*

**МАРГИНАЛИЯЛАР** зат. *Қолжазба шетіндегі жазба-сызбалар.*

**МАРГО** [лат. margo] зат. экол. *Іс бабындағы құжаттың, коммерциялық хаттың әртүрлі белгілер соғуға арналған межесі.*

**МАРҒАУ**[1] зат. *Мысықтың баласы.*

**МАРҒАУ**[2] сын. **1.** *Селқос, сылбыр, самарқау.* **2.** *Көңілсіз, жабыраңқы.*

**Марғау тартты.** *Маужырады, манаурады.*

**МАРҒАУЛА=** ет. *Ақырын, жайлап қимылдау, асықпау.*

**МАРҒАУЛАН=** ет. *Саябырсу, тынышталу.*

**МАРҒАУЛАНУ** *Марғаулан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРҒАУЛАУ** сын. *Селқостау, самарқаулау. // Селқос, сылбыр адам.*

**МАРҒАУЛЫҚ** зат. *Жайбарақаттық, сылбырлық, самарқаулық.*

**МАРҒАУСУ** *Марғаусы етістігінің қимыл атауы.*

**МАРҒАУСЫ=** ет. *Жым-жырт болып тыныштлу, мүлгу.*

**МАРДАМСУ** *Мардамсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАРДАМСЫ=** ет. *Тәкаппарсу, мықтымын деп санау, мығымсу.*

**МАРДАН**[1] зат. кәс. *Тірі балықты сақтау үшін шыбықтан, қамыстан тоқылған су ішіне қоятын ыдыс.*

**МАРДАН**[2] зат. өс. *Биіктігі 10–15 м-дей тікенді, жемісі апельсин пішіндес, жеуге жарамсыз, сары бояу алынатын ағаш.*

**МАРДАТ** сын. жерг. *Өркөкірек, өзімшіл.*

**МАРДЫ=** ет. *Өну, алға басу.*

**МАРДЫМ** зат. *Өнім, нәтиже.*

**Мардымы құрыды.** *Бәсеңдеді, әлсіреді.*

**МАРДЫМДЫ** сын. *Өнімді, нәтижелі, жарытымды.*

**МАРДЫМДЫЛЫҚ** зат. *Өнімділік, нәтижелік.*

**МАРДЫМСУ** *Мардымсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАРДЫМСЫ=** ет. *Білгішсіп, әлдеқандай болу, бөлсіну.*

**Мардымсып кетті.** *Шалықтады, атақ-даңқын бұлдады, кеудесін көтерді.*

**МАРДЫМСЫЗ** сын. *Аз, болмашы, жеткіліксіз.*

**МАРДЫМСЫЗДАН=** ет. **1.** *Өнімділігі кему, бәсеңдеу, қарқыны төмендеу.* **2.** кен. *Игерілуі барысында мүлдем пайдасыз немесе нашар минералданған таужыныстармен ластануы (араласып кетуі) салдарынан өндірілген кен құрамындағы пайдалы құрамбөліктің орташа мөлшерінің сол кеннің табиғи қалпындағы мөлшерімен салыстырғанда кеміп кетуі.*

**МАРДЫМСЫЗДАНУ** *Мардымсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРДЫМСЫЗДАУ** сын. *Жеткіліксіздеу, жарытымсыздау, шамалылау.*

**МАРДЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Жеткіліксіздік, жарытымсыздық.*

**МАРДЫМСЫН=** ет. *Бөлсіну, әлдеқандай болу.*

**МАРДЫМСЫНУ** *Мардымсын етістігінің қимыл атауы.*

**МАРДЫТ=** ет. *Өндіру, көбейту.*

**МАРДЫТУ** *Мардыт етістігінің қимыл атауы.*

**МАРЖА** [франц. marge] зат. экон. *Биржа тізімдемесінде көрсетілген биржалық тауарды сату мен сатып алу бағасының арасындағы айырмамен айқындалатын делдал табысы; несиенің белгіленген құнына нақты қарызгер төлеген үстеме.*

**МАРЖАН** [ир. مرجان] зат. **1.** зоол. *Қос жақтаулы және қырықаяқты моллюскілер бақалшығының ішкі қабаты.* **2.** <грек. korallion> *Теңіз түбінен алынатын інжу.* **3.** зерг. *Коралл қабыршағынан істелген біркелкі, әдемі, ұсақ моншақ.* **4.** ауыс. *Қолға түспейтін, қымбат, асыл зат.*

**Маржан алқа**. *Маржаннан тізілген мойын әшекейі, маржан моншақ.* **Маржан кедертасы.** кен. *Шомбал биогендік әкті құрылыс.* **Маржан полиптері.** зоол. <лат. anthozoa> *Ішекқуыстылар типінің бір класы, теңіздерде жеке және топ түрінде бекініп тіршілік ететін жануарлар.*

**МАРЖАНГҮЛ** зат. өс. сөйл. ***Меруертгүл.***

**МАРЖАНДА=** ет. *Бір нәрсеге маржандарды бастырып тігу.*

**Маржандап тігу.** кәс. *Алтындап тіккен кестеге маржан араластырып тігу түрі.*

**МАРЖАНДАЙ** сын. **1.** *Маржан сияқты, маржан тәрізді.* **2.** ауыс. *Біркелкі, әдемі тізілген.* **3.** ауыс. *Құнды, бағалы.*

**Маржандай [ақ маржандай] тізілген.** *Біркелкі аппақ болып қатар орналасқан.*

**МАРЖАНДАТ=** ет. *Маржан тағу.*

**МАРЖАНДАТУ** *Маржандат етістігінің қимыл атауы.*

**МАРЖАНДАУ** *Маржанда етістігінің қимыл атауы.*

**МАРЖАНДЫ** сын. *Маржаны бар, маржан қосылған.*

**Маржанды шөгінділер.** кен. *Негізінен арагониттен тұратын маржандар шоғырының қаңқа сынықтарынан құралмен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдерін, тауарлардың тұтынушыға жетуіне белсенді ықпал жасайтын қызмет көрсетудің техникалық түрлері мен басқа да түрлерін қолдануды жан-жақты зерделеу мен болжауға байланысты қызметі.*

**МАРЖАНРЕҢ** зат. зоол. *Балықтың түрі.*

**МАРЖАНТАМЫР** зат. өс. <лат. corallorhiza> *Алтайдың аралас орманында кездесетін, сабағы түзу, жіңішке, жапырақсыз, гүлі ақшыл сары, тамырсабағы ақ жіпке тізген маржан сияқты биіктігі 10–20 см-дей, сапрофиттік өсімдік.*

**МАРЗАН** [итал. margine] зат. полигр. *Беттеу кезінде бос орындарға сыналатын қырлы металл кесегі.*

**МАРИ**[1] зат. *Туа салып өлген немесе өлі туған лақ, қозының жылтыр жүнді жылбысқы терісі.*

**МАРИНАД** [франц. marinade] зат. тамақ. *Көкөністен, саңырауқұлақтан, жеміс-жидектерден, оған әртүрлі сірке суы, тұз, қант, дәмдеуіштер қосып дайындалған тағамдық өнім.*

**МАРИНАДТА=** ет. *Өнімдерді консервілеу немесе оларды алдын ала өңдеу, көкөніске маринад құйып, бетін жауып тастау, консервілеу.*

**МАРИНАДТАЛ=** ет. *Маринад құйылу.*

**МАРИНАДТАЛУ** *Маринадтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАРИНАДТАН=** ет. сөйл. ***Маринадтал.***

**МАРИНАДТАНУ** *Маринадтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРИНАДТАУ** *Маринадта етістігінің қимыл атауы.*

**МАРИНИСТ** зат. көркемөнер. *Теңіз көрінісін жазатын суретші.*

**МАРИОНЕТКА** [франц. marionette] зат. **1.** *Мария қызды бейнелейтін театр қуыршағының бірі.* **2.** ауыс. саяси. *Бөтен біреудің қолшоқпарына айналған мемлекет, саяси топ немесе үкімет адамы.*

**МАРИТА** зат. зоол. *Паразитті тіршілік ететін құрттардың (сорғыштардың) ересек түрі.*

**МАРИХУАНА** [исп. mariguana] зат. *Үнділік қарасорадан жасалған есірткі түрі.*

**МАРКА**[1] [нем. Marke] зат. **1.** *Поштада төлемдік қызметте қолданылатын бет жағында түрлі суреттері бар, көлемі шағын ғана төрт бұрышты қағаз, таңба, белгі.* **2.** *Шаруашылық орындарының өз өніміне соғатын фирмалық белгісі, тауарларға, бұйымдарға салынатын, олардың дайындалған жерін, сапасын көрсететін таңба.* **3.** *Сұрып, үлгі, қалып, жаңа үлгі.*

**МАРКА**[2] [нем. Mark] зат. экон. *Батыс Европаның кейбір елдеріндегі ақша өлшемі.*

**Марканы ұстау.** *Қадір, дәрежені түсірмеу.* **Маркасы жоғары.** *Дәрежесі биік.*

**МАРКАЗИТ** зат. геол. *Түсі ашық сары, жылтырлығы металдікіндей, желілі гидротермал түзілімдерде, сондай-ақ шөгінді жыныстарда ұшырасатын, күкірт қышқылын және темір купоросын алуға пайдаланылатын темір колчеданды құрамдағы минерал.*

**МАРКАЛА=** ет. *Шаруашылық орындарының фирмалық белгісін соғу.*

**МАРКАЛАН=** ет. *Марка жапсырылған.*

**МАРКАЛАНУ** *Маркалан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРКАЛАУ** *Маркала етістігінің қимыл атауы.*

**МАРКАЛЫ** сын. *Шаруашылық аты көрсетілген, маркасы бар.*

**МАРКЕР**[1] [нем. Marker] зат. тех. *Жер тілгіш құрал.*

**МАРКЕР**[2] [франц. marqueur] зат. спорт. *Бильярд ойынында қызмет көрсететін және есептеп тұратын кісі.*

**МАРКЕР**[3] [ағыл. marker] зат. **1.** инф. *Компьютер тақтасында жазу үшін қолданылатын қалам.* **2.** инф. *Биттердің бірегей қисындасуы немесе арнайы дайындалған түрлі десте.* **3.** инф. <франц. marquer> *Дисплей бетіндегі белгілі бір орынды немесе элементтерді көрсетуге арналған арнаулы белгі.*

**МАРКЕРЛЕ=** ет. тех. *Тұқым отырғызу үшін жерді маркермен тілгілеу.*

**МАРКЕРЛІК** сын. *Маркерге тән, маркерге қатысты.*

**Маркерлік әдіс.** инф. *Мәліметтер жеткізу ортасына қатынас құру әдісі.*

**МАРКЕРЛЕУ** *Маркерле етістігінің қимыл атауы.*

**МАРКЕТИНГ** [ағыл. marketing] зат. экон. *Кәсіпорынның (фирманың, бірлестіктің т.б.) өндірістік-өткізу және сауда қызметін ұйымдастыруының мен басқарудың кешенді жүйесі.*

**Маркетинг арнасы.** экон. *Тауардың тәуелсіз өндірушіден көтере сатып алушы саудагерлерге, ал олардан әрқайсысы дербес сауда бірлігі болып табылатын бөлшек сауда саудагерлеріне барар жолы.* **Маркетинг атқарымы.** экон. *Өзара байланысты іс-қимыл жасайтын ішкі және сыртқы ортаны талдау; рыноктар мен тұтынушыларды талдау; бәсекелестер мен бәсекені, тауарларды зерттеу; жаңа тауар тұжырымдамасын қалыптастыру, маркетингілік зерттеулер негізінде тауар өндірісін жоспарлау т.б.* **Маркетинг бағдарламасы.** экон. *Өндіруші кәсіпорынның, сатушының және экспортшының межелі уақыт кезеңінде маркетингінің барлық салалары бойынша іс-қимылдарын айқындайтын өзара байланысты шаралар жүйесі.* **Маркетинг делдалдары.** экон. *Компанияның өз тауарларының алушыларға жеткізуіне, өткізуіне және олардың арасына таратуына көмектесетін фирмалар.* **Маркетинг жоспарын талдау.** экон. *Қандай шығындардың неғұрлым тиімді екенін, қандай өзгерістер енгізу қажет екенін анықтауға мүмкіндік беретін түрлі маркетинг факторларының (топтың түр-түрі, өткізу әдістері, өткізу аумағы, өткізу арналарына қатысушылар, сауда қызметкерлері, жарнама құралдары және тұтыну түрлері сияқты факторлар) құндық пайдалылығын талдау.* **Маркетинг жөніндегі басқарушы.** экон. *Фирманың маркетингілік жағдайды талдауды және межеленген жоспарларды немесе бақылау міндетін жүзеге асырушы адамы.*

**Маркетинг жүйесі.** экон. *Фирманы өзінің тауарын өткізу рыноктарымен байланыстыратын негұрлым елеулі нарықтық қатынастардың және ақпарат тасқындарының кешені.* **Маркетинг кешені.** экон. *Маркетингінің бақылауға болатын өзгермелі факторларының жиыны.* **Маркетинг қағидаттары.** экон. *Сауда-өндірістік қызметті басқару жүйелері ретіндегі маркетингінің негізгі белгілері.* **Маркетинг құрылымы.** экон. *Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу және мақсатты рынокты (өнімді немесе қызмет көрсетулерді, бөлуді, өткізуді, жылжытуды және бағаны қоса) қанағаттандыру үшін маркетингінің нышандарын нақты ұштастыру.* **Маркетинг стратегиясы.** экон. *Кәсіпорынның (фирманың) өндірістік-өткізу қызметінің перспективалық мақсатын, бәсеке нысанын, маркетинг тұжырымдамасын таңдау.* **Маркетинг тактикасы.** экон. *Ағымдағы нарықтық жағдайға орайлас тиісті міндеттерді алға қойып, маркетинг стратегиясында көзделген маркетингілік шараларды жүзеге асыру негізінде қысқа мерзімді уақыт кезеңіне арналған маркетинг мақсаттарын, іске асыру.* **Маркетинг тұжырымдамасы.** экон. *Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның, коммерциялық ұйымның өндірістік-өткізу және еңбек қызметін басқару туралы ғылыми негізделген қағидаттар жүйесі.* **Маркетинг шығыны.** экон. *Кәсіпорынның (фирманың) рыноктық мүмкіндіктерін талдауға, маркетингінің кешенді шараларын әзірлеуге, оларды жүзеге асыруға және маркетинг бақылауын жүргізуге жұмсайтын жиынтық шығындары.* **Маркетингіні ұйымдастыру.** экон. *Маркетингілік қызметтерді басқаратын құрылымдық түзілім.*

**МАРКЕТИНГІЛІК** сын. экон. *Маркетингіге тән, маркетингіге қатысты.*

**Маркетингілік ақпарат жүйесі.** экон. *Жоспарлауды жетілдіру, маркетингілік шараларды жүзеге асыру және олардың орындалуын бақылау мақсатымен адамдардың өзара байланысының және маркетинг саласындағы өкімгерлер дер кезінде пайдаланатын көкейтесті, дәл ақпаратты жинауға, сыныптауға, талдауға, бағалауға және таратуға арналған жабдық пен әдістемелік тәсілдердің тұрақты қолданыстағы жүйесі.* **Маркетингілік бақылау.** экон. *Маркетинг жоспарының іске асырылуын тексеру мақсатымен нәтижелерді бақылау, есептеу, талдау.* **Маркетингілік жоспар.** *экон. Кәсіпорынның (фирманың) маркетингілік қызметінің барлық бағыттар бойынша егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеу.* **Маркетингілік зерттеулер.** экон. *Маркетинг қызметінің барлық түрлері мен салалары, тауар, рынок, өнімінің түр-түрі, өткізу мен бөлу арналары, іске асыру әдістері, жарнама, өткізуді ынталандыру, т.б. тиісінше зерттелетін маркетингінің аса маңызды қызметі.* **Маркетингілік қызмет.** экон. *Кәсіпорынның (фирманың, кәсіпкердің, т.б.) сұранымды, бағаны, жарнаманы пайдалануға, өндірісті ынталандыруға, сақтау мен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдерін, тауарлардың тұтынушыға жетуіне белсенді ықпал жасайтын қызмет көрсетудің техникалық түрлері мен басқа да түрлерін қолдануды жан-жақты зерделеу мен болжауға байланысты қызметі.*

**МАРКЕТ-МЕЙКЕР** зат. экон. *Сауданы ұйымдастырушылар нарыққа жіберген саудаға қатысушы.*

**МАРКЕТОЛОГ** зат. экон. *Маркетингінің бір немесе бірнеше атқарымын (өткізуді, маркетингілік зерттеулерді, баға белгілеуді т.б.) орындайтын немесе олардың орындалуын ұйымдастыратын маман.*

**МАРКИЗЕТ** [франц. marquisette] зат. *Жұқа кездеме.*

**МАРКИТАНТ** [нем. Marketender] зат. әск. *XVIII-XIX ғғ. әскермен бірге жүріп, азықтүлік, тамақ сататын саудагер адам.*

**МАРКСИЗМ** зат. саяси. *Ғылыми коммунизмнің теориясы мен практикасы туралы маркстік ілім, қоғамдық дамудың жалпы және арнаулы заңдары туралы философиялық-экономикалық теориялардың бірі.*

**МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ** зат. саяси. *Маркс, Ленин еңбектері негізіндегі философиялық, экономикалық және саяси-әлеуметтік ілімдердің біртұтас ғылыми жүйесі.*

**МАРКСИСТ** зат. саяси. *Марксизм-ленинизм идеяларын жақтаушы, Маркс, Энгельс, Ленин ілімін уағыздаушы.*

**МАРКСИСТІК** сын. *Марксизмге тән, марксизмге қатысты.*

**Марксистік диалектика.** тар. *Жаратылыстың, қоғамның, ой-сананың даму заңдылығын маркстік тұрғыдан қарайтын ілім.* **Марксистік коммунизм.** филос. *Таптық езгі мен қанаушылықтан тыс өзара көмек негізіндегі қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық-экономикалық формация.* **Марксистік философия.** филос. *Адамзаттың алдыңғы қатарлы философиялық және ғылыми ой-пікірдің; бұдан бұрынғы барлық дамуының заңды нәтижесі.*

**МАРКСТІК** сын. *Марксизмге тән, Маркс ілімін уағыздайтын.*

**МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК** сын. саяси. *Марксизм-ленинизм іліміне тән, қатысты.*

**МАРКСШІЛ** зат. саяси. *Марксизм ілімін жақтаушы, марксист.*

**МАРКСШІЛДІК** зат. саяси. *Марксизм идеяларын жақтаушылық, уағыздаушылық.*

**МАРКШЕЙДЕР** [нем. Markscheider] зат. тех. *Жер қойнауындағы қазбаларды қаздыру бағытын көрсететін және оны жоспарлап отыратын инженер.*

**МАРКШЕЙДЕРИЯ** [нем. Markscheiderei] зат. кен. *Жер бетінде және кен қазбаларында кеңістіктік-геометриялық өлшеулер жүргізудің әдіс-тәсілдерін талдап белгілейтін және бұл өлшеулердің нәтижелерін кенорындарын барлау және пайдалану кезінде, сондай-ақ кен-құрылыс жұмыстары кезінде техникалық міндеттерді шешу үшін пайдаланатын кен ғылымының бір саласы.*

**МАРКШЕЙДЕРЛІК** сын. кен. *Маркшейдерге тән, маркшейдерге қатысты.*

**Маркшейдерлік есепке алу.** кен. *Жер қойнауындағы пайдалы қазылымды қазып алу барысында оның өнеркәсіптік қорының өзгеруін, жоғалымы мен құнарсыздану жағдайларын есепке алу.* **Маркшейдерлік құжаттар.** кен. *Жер бетіндегі және жерасты қазбаларындағы бұрыштық және сызық өлшеулердің нәтижелерін білдіретін журналдар, кітаптар, формулалар, сондай-ақ графикалық материалдар.* **Маркшейдерлік құрал-саймандар мен аспаптар.** кен. *Жерасты кен қазбаларында және жер үстінде маркшейдерлік түсіруді жүргізу үшін қажет құрал-саймандар мен аспаптар.* **Маркшейдерлік қызмет.** кен. *Пайдалы қазылымдар кен орындарын барлау, жобалау, кен қазу кәсіпорындарын жобалау, салу, пайдалану және белгілі уақытқа жұмысты тоқтату барысында маркшейдерлік қызмет мамандарының кен жұмыстарының дұрыс және қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету үшін атқаратын жұмыстар кешені.* **Маркшейдерлік түсірім.** кен. *Кен иелігі шекарасындағы қазбалардың, имараттар мен табиғи нысандардың, пайдалы қазылымның жатыс нысандары мен жағдайларының кеңістіктегі орналасуын анықтау және кейін маркшейдерлік жоспарларда бейнелеу мақсатында кен қазбаларында және жер үстінде атқарылатын сызықтық және бұрыштық өлшеулердің жиынтығы.* **Маркшейдерлік іс.** кен. *Негізінде кеңістік-геометриялық өлшеулермен (маркшейдерлік түсірулермен) айналысатын кен ғылымы мен техникасының саласы.*

**МАРКІЛЕУ** [ағыл. labeling] зат. инф. *Шартбелгілік таңбаны түсіру, ентаңбаны телу және жазу; белгілеулерді телу.*

**МАРҚА** сын. *Ерте туған, алты айлық (қозы).*

**Марқа бота.** *Түйенің жаппай боталайтын кезеңінен 3-4 ай бұрын туылған бота.* **Марқа бұзау.** *Қыс айларында туған бұзау.* **Марқа қозы.** *Есейген, ересек тартқан, марқайған қозы.* **Марқа туған.** этн. *Түннің ай көрінген шағы.*

**МАРҚАДАЙ** сын. *Марқа сияқты, марқа тәрізді.*

**МАРҚАЙ=** ет. **1.** *Есею, өсу, ұлкею.* **2.** ауыс. *Өсіп-даму, алға басу.* **3.** ауыс. *Көңілі өсу, шабыттану, мақтану.*

**МАРҚАЙТ=** ет. *Шабыттандыру, қуаттандыру.*

**МАРҚАЙТУ** *Марқайт етістігінің қимыл атауы.*

**МАРҚАЛАН=** ет. *Өсу, ұлкею.*

**МАРҚАЛАНУ** *Марқалан етістігінің қимыл атауы.*

**МАРҚАЛАУ** сын. *Ересектеу, ұлкендеу.*

**МАРҚАЛЫҚ** зат. *Ересектік, ұлкендік.*

**МАРҚАМАТ** зат. сөйл. ***Мархабат.***

**МАРҚАСҚА** сын. **1.** *Жазық, кең маңдайлы.* **2.** ауыс. *Мықты, күшті.* **3.** ауыс. *Көрнекті, мақтаулы, таңдаулы.*

**МАРҚАСҚАДАЙ** сын. *Марқасқа сияқты, марқасқа тәрізді.*

**МАРҚАЮ** *Марқай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Даму, өсу, өркендеу.* **2.** *Шабыттану, қуаттану.*

**МАРҚОМ** зат. сөйл. жерг. ***Марқұм.***

**МАРҚҰМ** [ар. مرحوم] зат. *Дүние салған, қаза болған адам. // Қайтыс болған, дүние сайған.*

**МАРЛАМҚАШ** зат. этн. *Балалар ойыны.*

**МАРЛАТ** зат. *Егде, қария адам.*

**МАРЛАТ** сын. *Ересек, егде тартқан.*

**МАРМЕЛАД** [франц. marmelade] зат. тамақ. *Картоп ұны мен жеміс шырынынан жасалатын кондитерлік тәтті тағам.*

**МАРОКЕН** [франц. maroquim] зат. 1. *Кітап тысын қаптайтын өрнектелген сапиян.* 2. *Жасанды жібек тектес тығыз мата.*

**МАРС** [лат. mars] зат. астр. *Күн жүйесінің Күннен бастап санағанда 4-ғаламшары; Қызыл жұлдыз.*

**МАРСИ=** ет. *Көңілі көтерілу, істеген ісіне көңілі толу.*

**МАРТЕН** зат. кен. *Болат өндіруге арналғап регенаторлы пеш.*

**Мартен пеші.** кен. *Шойын мен болат сынықтарын қорытып, түрлі сортты болат алатын регенеративтік балқыту пеші.*

**МАРТЕНДІК** сын. кен. *Мартен пешіне қатысты, мартен пешіне тән.*

**Мартендік процесс.** кен. *Мартен пешінде өтетін болат қорыту үдерісі.*

**МАРТЕНСИТ** зат. кен. *Кейбір шынықтырылған металл қорытпалар мен таза металдарда байқалатын ине тәрізді микроқұрылым.*

**Мартенситке шынықтыру.** мәш. *Болат және қорытпа құрылымында мартенситтің пайда болуына алып келетін шынықтыру.*

**МАРТЕНСИТТІ** сын. кен. *Құрамында мартенситі бар.*

**Мартенситті ескіретін болат.** кен. *Болаттан жасалған бұйымдардың жоғары конструкциялық беріктігі.*

**МАРТЕНШІ** зат. кен. *Мартен пешінде болат қорытушы.*

**МАРТИТ** зат. кен. *Гематитке дейін тотыққан магнетит.*

**МАРТӨК** зат. өс. ***Мортық.***

**МАРТУ** зат. миф. *Әйелдерге зиян келтіретін жын, албасты.*

**Марту басты.** миф. *Албасты басты, жын иектеді.*

**МАРТЫШКА** [лат. cercopithecus] зат. зоол. *Маймылдардың ішіндегі көп түрді қамтитын туыс.*

**МАРХАБА** [ар. مرحبا] мод. – *Қош келдіңіз!*

**МАРХАБАТ** [ар. مرحبات] зат. **1.** *Ізгі ниет, жақсылық.* **2.** *Ілтипат, құрмет.*

**Мархабат етті.** *Ризашылық білдірді, рұқсат етті.* **Мархабат қылды**. *Құрмет көрсетті.* **Мархабат қылу.** *Құрмет көрсету, қадірлеу.* **Мархаббаттан мақрұм қалдырмады.** *Ілтипат білдірді, ықыласқа бөледі.*

**МАРХАБАТТАН**=ет. *Мерейі тасуы, мерейі үстем болу, көңілі толу.*

**МАРХАБАТТЫ** сын. *Ізгі ниетті, қайырымды, шапағатты.*

**МАРХАМАТ** зат. сөйл. ***Мархабат.***

**Мархамат етті.** сөйл. ***Мархабат етті.*** **Мархамат қылды.** сөйл. ***Мархабат қылды.*** **Мархамат үстінде отыр.** *Ықыласқа, ілтипатқа бөленіп отыр, құрмет көрсетілген.*

**МАРХАМАТСЫЗ** сын. сөйл. *Мархабатсыз, қайырымсыз, шапағатсыз.*

**МАРХАМАТТЫ** сын. сөйл. *Мархабатты (қайырымды, мейірімді, кішіпейіл, шапағатты).*

**МАРХҰМА** зат. көне. *Ғұлама, әйгілі, атақты.*

**МАРЦИПАН** [нем. Marzipan] зат. тамақ. *Бадам қамырынан пісірілетін тәтті нан.*

**МАРШ**[1] [франц. marche] зат. әск. *Әскери ұйымшылдықпен қатар түзеп, сапта жүретін жүріс.*

**МАРШ**[2] зат. муз. *Әуені жігерлі, екпінді, ырғақты музыкалық шығарма.*

**МАРШАЛ** [франц. marechal] зат. әск. *Армиядағы генералдан жоғары әскери атақ, шен.*

**МАРШАЛЛИТ** сын. кен. *Ұсақ түйіршікті қопсық не тығыздалуы босаң шөгінді таужыныс.*

**МАРШРУТ** [нем. Marschrute] зат. **1.** *Әскерлердің, теңіз күштерінің, авиацияның, көлік құралдарының күнілгері белгіленген жүріп өту жолы немесе қозғалысының бағыты.* **2.** инф. *Графтың екі төбесінің арасындағы жол.* **3.** инф. *Жинақтауыштың логикалық атау мен файлды қайдан іздестіру керек екендігін көрсететін өзара бағыныңқылы каталог атауларының тізбекшесінен тұратын белгі.*

**МАРШРУТИЗАТОР** зат. *Телекоммуникациялық құрылғы.*

**МАРШРУТТА=** [ағыл. routing] ет. инф. *Желідегі бағдарды таңдау.*

**МАРШРУТТАУ** *Маршрутта етістігінің қимыл атауы; есептеу желісінде маршрутты таңдау.*

**МАРШРУТТАУЫШ** [ағыл. router] зат. **1.** инф. *Баспа құрылғысы сұрайтын тапсырманы орналастыратын және жұмыс бекетінің жоспарлаушынан баспа серверінің жоспарлаушына ақпарат жіберетін баспа үлгісінің сыңары.* **2.** инф. *Мәліметтер жеткізудің оңтайлы жолын таңдауға арналған құрылғы (компьютер).*

**МАРШРУТТЫҚ** сын. *Маршрутқа тән, маршрутқа қатысты.*

**Маршруттық әуеден суретке түсіру.** *Жер белдеуін әуеден суретке түсіру.*

**МАРШТЫҚ** сын. муз. *Маршқа тән, ырғақты.*

**Марштық бөлімше.** әск. *Соғыс кезінде соғысып жатқан армия бөлімдерін толықтыру үшін тылдан майданға жіберуге бағытталған әскери бөлімше.* **Марштық қозғалтқыштар.** әск. *Ұшу аппараты (мыс., ракета) траекториясының бүкіл белсенді бөлігінде жұмыс істейтін ракета қозғалтқыштары.*

**МАС**[1]**: Мас палау.** тамақ. *Қазақстанның Оңтүстік өлкесінде маш аталатын бұршақ тұқымдас дәнді дақылдан дайындалатын палаудың түрі.*

**Мас көже.** тамақ. *Бұршақ тұқымдас маш аталатын дәнді дақылдан дайындалатын көже.* **Мас палау, мас көже.** этн. *Ежелден оңтүстік өлкеде өсірілетін екі түрлі тағам әзірленген.*

**МАС**[2] сын. **1.** *Спиртті ішімдіктерді көп ішудің салдарынан басы айналып, масайған, естен айырылған.* **2.** ауыс. *Құштар, ынтық.* **3.** ауыс. *Ақылсыз, парықсыз.* **4.** ауыс. *Елірген, есірген, дандайсыған.*

**Мас болды.** а) *Қымыз, арақ, шарап т.б. ішіп, басы айналып, масайды.* ә) *Махаббат, құштарлық сезіміне бөленді, бойы балқыды, рахаттанды.* б) *Дандайсыды, елірді, желік пайда болды, есерленді.* **Мас қылды [етті].** а) *Ішімдік беріп, елірткті.* ә) *Ақылынан айырды, дандайсытты.*

**МАСА**[1] зат. *От тисе лап беріп жанатын дәрі араластырған майлы білте.*

**МАСА**[2] зат. зоол. <лат. culicidae> *Жәндіктер класының қосқанаттылар отрядының қансорғыш масалар тұқымдасы.*

**Масаның бұлты.** бейн. *Қаптаған қалың маса.* **Маса сауып ішердей болды.** бейн. *Қатты шөлдеді, тілі таңдайына жабысты.*

**МАСАДАЙ** сын. *Маса сияқты, маса тәрізді.*

**МАСАИ** зат. *Африкадағы Кенияның оңтүстігін, Танзанияның солтүстігін мекен ететін тайпа.*

**МАСАЙ**= ет. *Ішімдіктен көзі бұлдырау, басы айнала еліту.*

**МАСАЙРА**= ет. *Мәз болу, шаттану, масаттану.*

**МАСАЙРАС**= ет. *Бірге қуану, көңіл көтеру іс.*

**МАСАЙРАСУ** *Масайрас етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАЙРАТ**= ет. *Қуанту, мәз қылу.*

**МАСАЙРАТУ** *Масайрат етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАЙРАУ** *Масайра етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАЙРАУШЫЛЫҚ** зат. *Қуанушылық, масаттанушылық, тоқмейілсушілік.*

**МАСАЙТ**= ет. *Мас қылу, қуанту.*

**МАСАЙ-ТОПЫР** зат. *Қалай болса солай, басы жоқ, аяғы жоқ араласып, бей-берекет топырға айналған тобырдың әрекеті.*

**МАСАЙТУ** *Масайт етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҚ**[1] зат. *Дақылдардың аңызда қалған дәнді басы.*

**МАСАҚ**[2] зат. көне. *Садақ оғының ұшы, ұшкір жағы.*

**МАСАҚБАС** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МАСАҚБАСГҮЛ** зат. өс. *Көпжылдық гүлді шөптесін өсімдік.*

**МАСАҚТА**= ет. *Масақ теру, масақ жинау.*

**МАСАҚТАЛ**= ет. *Масақтың жиналуы.*

**МАСАҚТАЛУ** *Масақтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҚТАН**= ет. *Егістіктің бас алуы, масақтың пайда болуы.*

**МАСАҚТАНУ** *Масақтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҚТАУ** *Масақта етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҚТЫ** сын. *Масағы бар, масақ пайда болған.*

**Масақты қарғашөп.** өс. <лат. actae spicata> *Биіктігі 40–70 см, жуан тамырлы, жалаңаш сабақты көпжылдық өсімдік.*

**МАСАҚҰРТ** зат. зоол. *Масалардың кейбір түрлерінің дернәсілі.*

**МАСАҚША** зат. *Ұзындығы 3 см-дей болатын, тығыз келген масақтың шағын түрі.*

**МАСАҚШЫ** зат. *Масақ теруші адам.*

**МАСАЛА** зат. көне *Шырақ, от.*

**МАСАЛА**= ет. *Масаға талану, масадан қашу.*

**МАСАЛАДАЙ** сын. көне. *Масала сияқты, масала тәрізді.*

**МАСАЛАҢ** сын. сөйл. ***Масаң.***

**МАСАЛАУ** *Масала етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҢ** сын. *Ішімдіктен масайған, қызу, қызып қалған (адам). // Масайған, қызып алған адам.*

**МАСАҢДАН=** ет. *Масаю, масаурау, қызу.*

**МАСАҢДАУ** сын. *Мастау, қызулау.*

**МАСАҢДЫҚ** зат. *Ішімдікке қызғандық, масайғандық.*

**МАСАҢСУ** *Масаңсы етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАҢСЫ**= ет. *Мас болғансу, мас адамға ұқсау.*

**МАСАТ** зат. *Шалқыған көңіл, қуаныш.*

**МАСАТТАН**= ет. *Көңілі көтеріліп қуану, шаттану.*

**МАСАТТАНДЫР**= ет. *Көңілін көтеру, шаттандыру.*

**МАСАТТАНДЫРУ** *Масаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАТТАНУ** *Масаттан етістігінің қимыл атауы.*

**МАСАТТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Қуанушылық, масайраушылық.*

**МАСАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Масаттанушылық.***

**МАСАТЫ** зат. *Жұмсақ, түкті барқыт, жібек мата.*

**Масаты кілем.** *Жұмсақ түкті кілем.*

**МАСАТЫДАЙ** сын. *Масаты тәрізді түрленген, көрікті.*

**Масатыдай құлпырды.** *Жайнады, түрленді.* **Масатыдай құлпырып жердің жүзі [үсті].** поэт. *Табиғат әсем күйге еніп, жайнап.*

**МАСАУРА=** ет. *Масаю, масаңдану.*

**МАСАХАНА** зат. *Масадан қорғану үшін дәкеден тігілген бітеу шымылдық.*

**МАСАША** үст. *Масаға ұқсап, маса сияқты.*

**МАСА-ШЫБЫН** зат. *Маса, шіркей, шыбын т.с.с.*

**МАСАЮ** *Масай етістігінің қимыл атауы.*

**МАСКА** [франц. masque] зат. **1.** *Танытпау үшін екі көз қуысы ойылып жасалған адам, жан-жануар пішіндегі басқа киетін бетперде.* **2.** *Халық ойындарында, түрлі салтанатты кештерде ежелгі Рим мен грек актерлерінің коме-*

*дияларында, кейбір Азия халықтарының дәстүрлі театрларында түрлі аңдардың келбетін бейнелейтін бетперделер.* **3.** *Қайтыс болған адамның гипстен жасалатын бетінің қалыбы.* **4.** *Медицинада қолданылатын дәке.* **5**. *Косметикада бетке жағылатын түрлі құрамдар.* **6.** *Спортта (фехтовальщиктердің, хоккеистердің) қорғаныс үшін киетін бетпердесі.* **7.** ауыс. *Екіжүзділік.*

**МАСКАЛЫ** сын. *Маска киген, маскасы бар.*

**МАСКАРАД** [франц. mascarade] зат. *Ерекше костюм мен басқа киім киіп келетін той-думан, бал.* **2.** ауыс. *Екіжүзділік, алдау.*

**МАСКУЛИНИЗАЦИЯ** [лат. masculinus] зат. мед. *Әйелдердің еркек тәрізденуі.*

**МАСКУЛИНИЗМ** зат. мед. *Әйелдердің еркек тәріздену синдромының жалпы атауы.*

**МАСКУЛИНОМА** зат. мед. *Аналық безінің ісігі.*

**МАСКҮНЕМ** сын. **1.** *Араққұмар, арақ ішкіш.* **2.** психол. *Ерік-жігері босаң, өзінің сана-сезімін, ар-намысын қастерлемейтін, психикасы бұзылған, ішкіліктің соңына түскен араққұмар, ішкіш адам.* **3.** ауыс. *Алабұртпа, аумалы-төкпелі.*

**МАСКҮНЕМДІК** зат. психол. **1.** *Ішкілікке салынушылық, араққұмарлық.* **2.** псих. *Ерік-жігері босаң, өзінің сана-сезімін, ар-намысын қастерлемейтін, ішкіліктің жиреніші қасиеті.* **3.** ауыс. *Алабұртпалық, желөкпелік.*

**Маскүнемдік психоз.** мед. *Маскүнемдік салдарынан пайда болатын психикалық ауру.* **Маскүнемдік елес.** мед. *Маскүнемдіктің нәтижесінде адам психикасының бұзылуы.*

**МАСҚАРА** [ар. مسخره] зат. *Ар-намысқа тиетін өрескел іс, ұят, сұмдық.*

**Масқара болды.** *Ұятқа қалды, күлкі болды, абыройы төгілді.* **Масқараға ұрындыру.** *Масқара ету, масқаралау, ұятқа қалдыру.* **Масқара қылды [етті].** *Күлкі қылды, ұятқа қалдырды.* **Масқарасын шығарды.** *Ұятқа қалдырды, масқара етті.*

**МАСҚАРАЛА=** ет. **1.** *Ел алдында күлкі ету, мазақтау, қорлау.* **2.** *Әйгілеу, кінәсін бетіне айту, әшкерелеу.*

**МАСҚАРАЛАН=** ет. *Масқара болу, ұятқа қалу, абыройы төгілу.*

**МАСҚАРАЛАНУ** *Масқаралан етістігінің қимыл атауы.*

**МАСҚАРАЛАТ=** ет. *Масқара ету, ұятқа қалдыру.*

**МАСҚАРАЛАТУ** *Масқаралат етістігінің қимыл атауы.*

**МАСҚАРАЛАУ** *Масқарала етістігінің қимыл атауы.*

**Масқаралау киіміне орады.** этн. *Қылмыстыны кебенекке орады.*

**МАСҚАРАЛЫҚ** зат. *Өрескелдік, ерсілік, ұят іс.*

**МАСҚАРАПАЗ** зат. өнер. **1.** *Күлдіргі, қу, сайқымазақ.* **2.** ***Клоун*** *(цирктегі комикалық персонаж, цирк әртісі).*

**МАСҚАРАШЫЛЫҚ** зат. *Ұятқа қалушылық, сорақылық.*

**МАСОНДАР** [франц. masons] зат. саяси. *XVIII ғ. басында Ұлыбританияда пайда болған, кейін бүкіл Еуропаға, сосын бүкіл әлемге тараған ұйымдастыру принциптері мен салт-жоралғылары ортағасырлық құпия сипатты, билік пен қаржы құрылымдарымен жақындасқан жасырын діни-этникалық қозғалыс.*

**МАССА** [лат. massa] зат. **1.** физ. *Материяның инерциялық және гравитациялық қасиетін анықтайтын физикалық шама, көлем.* **2.** хим. *Иленген балшық тәрізді қоймалжың, зат, қоспа.* **3.** экон. *Тауарлардың мөлшері (тауар, ақша массасы, конкурстық масса).*

**Масса алмасу.** физ. *Тепе-теңдіксіз екі немесе бірнеше құрауышты жүйелерде заттардың бір фазадан екінші бір фазаға өтуі.*

**МАССАЖ** [франц. massage] зат. мед. *Денені уқалау, сылау арқылы жүргізілетін емдік-сауықтыру шарасы.*

**МАССАЖЕР** зат. *Денеге массаж жасауға арналған құрал.*

**МАССАЛЫҚ** сын. *Массаға тән, массаға қатысты.*

**Массалық концентрация.** хим. *Компоненттің массасы арқылы өрнектелген концентрация.* **Массалық құрам.** хим. *Құрауыштарының массалық мөлшерімен өрнектелетін құрам.* **Массалық сан**. хим. *Нуклид және нуклидті электрондық жүйелер құрамына кіретін нуклондардың жалпы саны.* **Массалық үлес.** кен. *Қоспа құрамбөлігі концентрациясын сипаттайтын өлшемсіз физикалық шама.* **Массалық үлес концентрациясы.** хим. *Еріген зат массасының ерітіндінің жалпы массасына қатынасы.*

**МАССИВ** [франц. massif] зат. геогр. *Географиялық белгілері ұқсас біркелкі аймақ.*

**Массив индексі.** инф. <ағыл. array index> *Массив элементіне осы элементті ұқсастыру үшін қосып жазылатын символ.* **Массивтің ұқсастырғышы.** а) *Бағдарлама анықтаған массив атауы;* ә) *Басқа мәліметтер ағыны арасынан қарастырылатын мәліметтер жиымын сипаттайтын код.*

**МАСС-МЕДИА** [ағыл. mass media] зат. *Бұқаралық ақпарат құралдары.*

**МАСС-СПЕКТРОМЕТРЛІК: масс-спектрометрлік талдау.** хим. *Заттың үлгісі иондаланып, түзілген иондар массасының спектрі тіркелетін талдау әдісі.*

**МАСТАН=** ет. **1.** *Мас болу, ақыл-есінен айырылғандай болу, ләззатқа бату.* **2.** ауыс. *Көкірек керу, менменсу, дандайсу.*

**МАСТАНДЫР=** ет. **1.** *Мас қылу; ләззатқа батырып, басын айналдыру.* **2.** ауыс. *Менменсіту, дандайсыту.*

**МАСТАНДЫРУ** *Мастандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАСТАНУ** *Мастан етістігінің қимыл атауы.*

**МАСТАНЫҢҚЫРА=** ет. *Жетістікке басы айналыңқырау, дандайсып менменсіңкіреу.*

**МАСТЕР-КЛАСС** зат. *Мамандық бойынша тәжірибе алмасу мақсатында, кәсіби маман өткізетін дәріс, шеберлікті шыңдау.*

**МАСТАНЫҢҚЫРАУ** *Мастаныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАСТИТ** [грек. mastos] зат. мед. *Сүт безінің қабынуы.*

**МАСТИХИН** зат. көркемөнер. *Майлы бояуды езуге және ұнамаған жерін қайта жазу үшін кенеп бетінен артық бояуды қырып алып тастауға арналған темір не сүйектен жасалған шағын қалақша.*

**МАСТОДОНТТАР** [грек. mastos – емізік, odus – тіс] зат. зоол. *Қазбадан табылған иттұмсықтылар отрядының бірі.*

**МАСТОИДИТ** [грек. mastoeides] зат. мед. *Ми сауытындағы самай бөлігінің қабынуы.*

**МАСТОПАТИЯ** [грек. mastos – емшек, pathos – жапа шегу, жүдеу] зат. мед. *Ішкі секреция бездері қызметінің бұзылуынан болатын емшек ауруының бірі.*

**МАСТЫҚ** зат. **1.** *Арақ-шарап сияқты сусын ішіп мас болушылық, қызулық.* **2.** ауыс. *Табысқа, жақсы өмірге, қарны тоқтыққа, қамсыздыққа т.б. бас айналушылық, дандайсушылық.*

**Мастық кірді.** *Көңіл өсіп, мастанды, дандайсыды, есерленді.*

**МАСУЕК** зат. **1.** діни. ***Мисуак*** *(мұсылман адамдардың сүннет бойынша дәрет кезінде тісін тазалауға пайдаланатын өсімдігі, Араб түбегінде өсетін ағаш).* **2.** *Тіс тазалағыш, тіс ысқыш.*

**МАСША** үст. *Арақ ішкен адам тәрізді, масқа ұқсап.*

**МАСШТАБ** [нем. Mabstab] зат. **1.** геогр. *Картадағы, сызбадағы ықшамдалған кесінді ұзындығының сол кесіндінің нақты ұзындығына қатынасы.* **2.** *Аумақ, көлем, мөлшер.*

**МАСШТАБТЫ** сын. геогр. *Масштабы бар, масштабы көрсетілген.*

**МАСШТАБТЫҚ** сын. *Масштабқа қатысты, соған тән.*

**Масштабтық сызғыш.** тех. *Жиегіне әртүрлі ұзындық өлшемдері межеленген сызу аспабы.*

**МАСЫҚ** зат. діни. ***Мәсіх*** *(мұсылмандардың дәретіндегі басты немесе аяқты (кебіс үстінен) жуу, сулау рәсімі, дәрет парыздарының бірі).*

**Масық тартты**. діни. ***Мәсіх тартты*** *(дәрет алғанда басын немесе кебіс сыртынан аяғын сулады, жуды).*

**МАСЫҚ=** ет. **1.** *Мас болып қалу.* **2.** ауыс. *Мақтану, дандайсу, желігу.*

**МАСЫЛ** зат. **1.** *Біреудің асырауындағы, күтуіндегі, өздігінен күн көруге жағдайы жоқ немесе жасы келмеген адам.* **2.** ауыс. *Жатыпішер, арамтамақ.* **3.** ауыс. *Басқаның ауыр жүгі, біреудің орындауға тиіс мойнына таңылған міндеті, ауыртпалық.*

**Масыл болды.** а) *Біреудің қолына қарады, асырауында, күтуінде болды.* ә) *Ауыртпалығын түсірді, арамтамақ, жатып ішерге айналды.*

**МАСЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Масыл болушылық, арамтамақтық.* **2.** терм. *Әлеуметтік немесе денсаулық жағдайы нашарлығына байланысты біреудің асырауында болушылық, өздігінен күн көреалмаушылық.*

**МАТ** зат. спорт. **1.** *Шахмат ойынындағы лажсыз жеңіліс.* **2.** ауыс. *Жеңіліс, сәтсіздік. // Пәс, төмен, аз.*

**Мат алды**. *Жеңілді, ұтылды, сәтсіздікке ұшырады.* **Мат болды**. спорт. а) *Шахматта қарсыласынан лажсыз ұтылды.* ә) *Бір істе үміті ақталмады, дегені орындалмады, сәтсіздікке ұшырады.* б) *Аузын ашпады, қарсылық көрсете алмады.* **Мат қойды**. спорт. а) *Шахмат ойынында қарсы жақтың короліне шабуыл жасап, ешбір шарасыз етіп жеңді, ұтты.* ә) *Сөзден ұтты, қатырды.* **Мат қылды.** а) спорт. *Ойыннан лажсыз ұтылды, жеңілді.* ә) *Сәтсіздікке ұшыратты.*

**МАТА** зат. *Мақта мен жүннен тоқылған шүберек, кездеме.*

**Мата булау**. тоқыма. *Тоқыма өндірісінде матаны ыстық бумен өңдеу үдерісі.* **Мата өңдеу**. тоқыма. *Мата бояу, ағарту, өрнек басу сияқты т.б. ең соңғы өңдеу үдерістерінің жиынтығы.*

**МАТА=** ет. **1.** *Айқастыра байлау, мықтап бекіту.* **2.** *Шырмау, бекітіп тоқу.* **3.** *Малды арнайы іске байлау, мал арнау, сыйлау.* **4.** ауыс. *Тыйым салу, жол бермеу.* **5.** ауыс. *Бөгеу, доғару, тоқтату, тұншықтыру, тежеу.* **6.** ауыс. *Байлану, шөгу, жиналу.* **7.** ауыс. *Өру, араластыру, қосу, үйлестіру.*

**МАТАЛ=** ет. **1.** *Бекітіліп, байлану.* **2.** ауыс. *Торға түсу, шырмалу.* **3.** ауыс. *Ұсталу, қолға түсу.*

**МАТАЛУ** *Матал етістігінің қимыл атауы; ұсталу, қолға түсу.*

**МАТАЛЫ: маталы шаңтұтқыш.** т е х . *Сүзілетін сүзгіш матасы бар шаңтұтқыш.*

**МАТАЛЫН**= ет. **1.** *Байлану.* **2.** а у ы с . *Қолы босамау, бос уақыты қалмау, өзін басқаға арнау.*

**МАТАЛЫНУ** *Маталын етістігінің қимыл атауы.*

**МАТАМ** зат. көне. *Қайғы, қасірет.*

**МАТАН** з а т . ө с . *Шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**МАТАС**= е т. **1.** *Шырмалу, торға түсу.* **2.** а у ы с . *Шатасу, килігу, ұрыну.*

**МАТАСТЫР**= е т. **1.** *Байластыру, бекітістіру.* **2.** а у ы с . *Еріксіз көндіктіру, байлап ұстау.*

**МАТАСТЫРУ** *Матастыр етістігінің қимыл атауы; байластыру.*

**МАТАСТЫРЫЛ**= е т. *Байластырылу, бір-біріне байлау).*

**МАТАСТЫРЫЛУ** *Матастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАТАСУ**[1] з а т . л и н г в . *Изафеттік тіркестегі анықтауыш пен анықталатын сөз тіркесінің арасындағы байланыс.*

**МАТАСУ**[2] *Матас етістігінің қимыл атауы.*

**МАТАСҰРЫПТАУЫШ** з а т . т е х . *Тоқылып, әртүрлі өңдеуден өткен маталарды жазып қарап, сұрыптауға әрі ұзындығын есепке алуға арналған машине.*

**МАТАТ**= ет. **1.** *Байлату.* **2.** а у ы с . *Бостандығынан айыру, қамауға алу.*

**МАТАТУ** *Матат етістігінің қимыл атауы.*

**МАТА-ТАУАР** з а т . *Киім-кешек, үй жабдықтарына пайдаланылатын мақта, жүн, жібек, т.б. заттардан тоқылып жасалатын неше түрлі кездеме, бұл т.б. заттар.*

**МАТАУ** *Мата етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Байлау, бекіту.* **2.** а у ы с . *Кедергі, бөгет болу.* **3.** а у ы с . *Тоқтау, тежеу, бөгеу.*

**Киіктің матауы**. э т н . *Қырғүйектің аяғы, қазанның басына сәйкес келетін амал.*

**МАТАУЛЫ** с ы н . *Жіппен айқастыра байлаулы, бекітулі.*

**МАТАУСЫЗ** с ы н . *Маталмаған, бос.*

**МАТБУҒАТ** [ар. مطبوعة] з а т . *Күнделікті шығатын газет-журнал, баспасөз.*

**МАТЕМАТИК** з а т . **1.** *Математика сабағын жүргізуші мұғалім.* **2.** *Математика ғылымының маманы.*

**МАТЕМАТИКА** [грек. mathematike] з а т . терм. **1.** *Сандық қатынастар мен кеңістік формалары жайлы ғылым.* **2.** *Сандық қатынастар мен кеңістік формалары жайлы білім беретін пән.* **3.** *Сандық қатынастар мен кеңістік формалары туралы білімдер жүйесі.*

**МАТЕМАТИКАЛАНДЫР**= е т . т е р м . *Математикалық әдіске салу, сандық қатынастар мен кеңістік формалары туралы білімдерді пайдалану.*

**МАТЕМАТИКАЛАНДЫРУ** *Математикаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ** [лат. matchematical] с ы н . *Математикаға тән, математикаға қатысты.*

**Математикалық әдіс**. *Сандық есептеулер мен қатынастарды қолдану әдісі.* **Математикалық логика.** *Логикалық қорытындыларды қатаң символикалық тілдің негізіндегі логикалық есептеулер арқылы зерттейтін логиканың тармағы.* **Математикалық тіл білімі [лингвистика].** л и н г в . *Тілдік құбылыстарды сандық қатынастар арқылы зерттейтін лингвистиканың қолданбалы саласы.*

**МАТЕМАТИКАСЫЗ** с ы н . *Математика ғылымынсыз, сандық білімсіз.*

**МАТЕРИАЛ** з а т . **1.** *Түрлі құрылыстарға қажетті шикізат, жабдық.* **2.** *Баспасөз бетінде жарияланатын мақала, әртүрлі көлемді шығарма түріндегі мәтін.* **3.** *Бір нәрсеге, қатысты жайттар, мағлұмат.* **4.** к і т . *Мата, кездеме, бұл.* **5.** э к о н . *Заттай мүлік.*

**Материалдар кедергісі**. қ ұ р . *Құрылыстар мен мәшинелер бөлшектерінің беріктігі мен қаттылығын зерттейтін ғылым саласы.*

**МАТЕРИАЛДЫ** с ы н . т е р м . *Нақты заттай, белгілі бір материалға қатысты.*

**МАТЕРИАЛДЫҚ** с ы н . *Күнделікті тұрмысқа қажетті, заттай, мүліктік.*

**Материалдық база**. *Кәсіпорын, ұйым не мекеменің жұмыс істеуі үшін қажетті заттық, мүліктік қоры.* **Материалдық байлық**. *Материалдық қор, қазына.* **Материалдық жауапкершілік.** э к о н . *Қызметкерлердің заңды немесе жеке тұлғалар келтірген мүліктік, материалдық зиянның орнын толтыруға міндеттілігі.* **Материалдық жүйе.** ф и л о с . *Заттық болмысы бар денелердің құрамдас бөліктерінің бір-бірімен байланыстағы күрделі қарым-қатынасының реті, тәртібі.* **Материалдық игілік.** *Азық-түлік, киім-кешек, баспана және өндіріс құрал-жабдықтары.* **Материалдық көтермелеу**. э к о н . *Адамдардың еңбекке қабілеті мен ынта-жігерін арттыра түсуге бағытталған заттай жеңілдік, қаржылай көмек беру шарасы.* **Материалдық мәдениет**. *Адамның іс-әрекеті нәтижесінде жасалған заттық байлық.*

**МАТЕРИАЛИЗМ** [лат. materialisme] з а т . ф и л о с . *Материя, табиғат, болмыс – алғашқы, ал сана, рух ой туынды (екінші) деп санайтын, идеализмге түбірінен қарама-қарсы ғылыми философиялық бағыт.*

**МАТЕРИАЛИСТ** з а т . ф и л. *Материяны танып-білуге болады деп санайтын, материализмнің ғылыми философиясын уағыздушы адам.*

**МАТЕРИАЛИСТІК** с ы н . ф и л о с . *Материализмге тән, қатысты.*

**МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ** с ы н . *Заттай, мүліктік әрі техникаға қатысты.*

**Материалдық-техникалық база**. *Мекеме, кәсіпорын т. б. қызметін қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар мен қажетті заттық құндылықтар құрамы.*

**МАТЕРИК** з а т . г е о г р . **1.** *Құрлықтың мұхиттармен, теңіздермен қоршалған аса ірі бөліктері, құрлық.* **2.** а у ы с . *Үлкен құрлық, ұлан-ғайыр жер.*

**Материк ашты**. г е о г р . *Географиялық нысан ретіндегі құрлықтың мұхит, теңіздер мен қоршаған ірі бөлігін анықтап тапты, сол жерге өз өркениетінің өкілі болып алғашқы рет аяқ басты.*

**МАТЕРИКАРАЛЫҚ** с ы н . *Материктер аралығындағы.*

**Материкаралық теңіз.** г е о г р . *Мұхиттың екі немесе бірнеше материктер арасында орналасқан бөлігі.*

**МАТЕРИКТІК** с ы н . *Материкке қатысты, тән, құрлықтық.*

**МАТЕРИЯ** [лат. materia] з а т . ф и л о с . *Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін объективтік шындық, дүниенің түп негізі.*

**МАТЕРИЯЛЫҚ** с ы н . *Материяға қатысты, соған тән.*

**МАТ-ҚАПЫ** з а т . *Адамның іс-әрекетінен жаңылып, қапыда жеңіліп, ұтылып қалу қалпы.*

**МАТҚАПЫДА** ү с т . ж е р г . *Қысылтаянда, қарбаласта, жөнелдемеде.*

**МАТРАЦ** [нем. Matratze] з а т . *Қалыңдау етіп, мақтадан жасалатын жұмсақ төсеніш.*

**МАТРИАРХАТ** [лат. mater – ана, грек. arche – үстемдік] з а т . тар. *Аналық басымдыққа құрылған қоғам, рулық құрылыс ыдырап, таптық қоғамға өту кезеңіндегі қоғамда әйел жыныстының үстемдігіне негізделген қоғамдық құрылым формаларының бірі.*

**МАТРИАРХАТТЫҚ** с ы н . *Материархатқа тән, қатысты.*

**МАТРИЦА** [лат. matrix] з а т . **1.** п о л и г р . *Типографиялық әріптерді құятын қалып, ця.* **2.** м а т . *Сандардың тікбұрышты кестесі түрінде жазылатын, өзі және өзі сияқты басқа нысандармен алгебралық операциялар жасала алатын математикалық нысан.*

**МАТРОС** [голл. matros] ә с к . з а т . *Әскери-теңіз флотындағы ең кіші әскери атақ, теңізші.*

**МАТРӨШКЕ** з а т . ө с . с ө й л . ***Киікоты.***

**МАТТАҚАМ** с ы н . ж е р г . *Айлакер, қу.*

**МАТЧ** [ағыл. match – спорттық ойын, point – ұпай] з а т . с п о р т . *Екі команда болып кездесетін спорт ойыны.*

**МАТЧ-ПОЙНТ** [ағыл. match] с п о р т . **Теннис.**

**МАТЧТЫҚ** с ы н . с п о р т . *Матчқа қатысты, тән.*

**МАТЫР**= е т . с ө й л . *Бір нәрсені тұтастай суға салып алу, батыру.*

**МАТЫРУ** *Матыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАТЫРЫЛ**= е т . с ө й л . ***Батырылу.***

**МАТЫРЫЛУ** *Матырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАУ** с ы н . с ө й л . *Маубас, ынжық.*

**Мау тартты**. *Көңілі елегізіп, есіл-дерті үйде емес; түзде болды.*

**МАУБАС** с ы н . **1.** *Ылғи есеңгіреген адамша жүретін, бос.* **2.** *Ұйқышыл, көп ұйықтайтын.*

**Маубас қой**. *Отар соңында ілініп-салынып әрең жүретін әлсіз қой.*

**МАУБАСТАН**= е т. **1.** *Мәңгіру, селсоқтану.* **2.** а у ы с . *Ұйқысы келу, қалғып-мүлгу.*

**МАУБАСТАНУ** *Маубастан етістігінің қимыл атауы.*

**МАУБАСТАУ** с ы н . *Сылбырлау, бостау.*

**МАУБАСТЫҚ** з а т . *Бостық, былжырлық, сылбырлық.*

**МАУЖЫР** с ы н . *Тып-тыныш, мүлгіген.*

**МАУЖЫРА**= е т. **1.** *Денесі дел-сал болып, ұйқысы келу, тәтті ұйқыға кету, мүлгу.* **2.** а у ы с . *Еш қозғалыссыз тыншып тұру.* **3.** а у ы с . *Лып еткен желсіз, тамылжып жып-жылы болып тұру (күн райы туралы).* **4.** а у ы с . *Тұну, қоюлану.*

**МАУЖЫРАҢҚЫ** с ы н . *Мең-зең, дел-сал.*

**МАУЖЫРАС**= е т. **1.** *Мең-зең болып отырысу, мүлгісу.* **2.** а у ы с . *Тамылжып, тыншып тұрып қалысу.*

**МАУЖЫРАСУ** *Маужырас етістігінің қимыл атауы.*

**МАУЖЫРАТ**= е т. *Болбырату, ұйқысын келтіру, денесін жылытып дел-сал қылу.* **2.** а у ы с . *Балқыту, ләззатқа батыру.*

**МАУЖЫРАТУ** *Маужырат етістігінің қимыл атауы; бойын балқыту, ұйқысын келтіру.*

**МАУЖЫРАУ** *Маужыра етістігінің қимыл атауы.*

**МАУЗЕР** з а т . ә с к . *Ойлап тапқаны үшін неміс конструкторлары ағайынды Маузерлердің атына байланысты аталған автоматты пистолеттің бір түрі.*

**МАУҚИФ** ар з а т . д і н и . *Мұсылмандық діни ұғымы бойынша Қиямет күні адамдар Аллаһ тағаланың олардың бұл дүниедегі амалдары үшін шығаратын ақтық шешімін күтіп тұратын жер.*

**МАУСЫМ**[1] з а т . **1.** *Ай санаудағы мамырдан кейінгі жаз айы, жылдың алтыншы айы.* **2.** а у ы с . *Жаз, жаздың басы.*

**Маусым шақ**. поэт. *Жастық шақ, албырт кез.*

**МАУСЫМ**[2] зат. **1.** *Жылдың астрономиялық, синоптикалық белгілеріне қарай бірнеше айдан тұратын белгілі бір кезеңі, мезгілі.* **2.** этн. *Қандай да бір жыл мезгілінің табиғат құбылысына, амалға қатысты халықтың шаруашылығында, тұрмысында жүргізілетін жұмыстарға сәйкес кезең.* **3.** ауыс. *Кезең, қайталанатын науқан.*

**МАУСЫМДА=** ет. *Маусым-маусымға бөлу.*

**МАУСЫМДЫ** сын. *Белгілі уақыттағы, мерзімдік.*

**МАУСЫМДЫҚ** сын. *Белгілі мерзімдік, кезеңдік.*

**Маусымдық жұмыс.** *Жыл бойы емес, белгілі бір кезеңде (маусымда) орындалатын жұмыс.*

**МАУСЫМДЫЛЫҚ** зат. *Кезеңге бөлінушілік, мерзімділік.*

**МАУЫҒУ** *Мауық етістігінің қимыл атауы.*

**МАУЫЗДАЙ** сын. сөйл. *Өте ірі, алпамсадай.*

**МАУЫЗДАЙ-МАУЫЗДАЙ** сын. *Ірі-ірі, зор-зор.*

**МАУЫҚ** зат. *Құмар, көңіл тынышы.*

**Мауқын басты.** а) *Құмарын қандырды, қанағаттанды.* ә) *Көзайым болды, сағынышын басты.* б) *Шерін шығарды, шер тарқатты.* в) *Көңілі тыншыды, көңілі орнықты.* **Мауқы басылды**. а) *Сағынышын басты, құмары қанды, құмары тарқады.* ә) *Көңілдері орнына түсті.*

**МАУЫҚ=** ет. *Мысық тұқымдастардың шағылысуы.*

**МАУЫҚҚЫШ** сын. *Мауыға бергіш, тояттағыш.*

**МАУЫТ**[1] зат. *Оң жағы майда түкті келген, бағалы саналатын қалың мата, шұға. // Мауыттан тігілген.*

**Мауыт бешпент.** этн. *Шұғадан тігілген астарлы сырт киім.*

**МАУЫТ**[2] зат. өс.сөйл. *Жылқы сүйіп жейтін шөптердің бір түрі.*

**МАУЫТЫ** зат. *Мауыт мата. // Мауыт матадан тігілген.*

**МАФИОЗ** [итал. mafiose] зат. *Мафия өкілі, мүшесі.*

**МАФИТТЕР** зат. геол. *Минералогияда: магний және темір минералдары, петрологиямен жалпы геологияда негізді таужыныстар терминінің синонимі ретінде қолданылатын атау.*

**МАФИЯ** [итал. mafia] зат. саяси. *Көбіне жасырын қылмыспен байланысты және қоғам мүшелеріне, мемлекеттік және қоғам қайраткерлеріне, ұйымдарға, мекемелерге өз мақсаттарына жету үшін заңсыз жолдармен, әдістермен (пара беру, арандату, күш қолдану, бопсалау, адам өлтіру, лаңкестік әрекеттер т.б.) ықпал етуге талпынатын жасырын, заңсыз ұйым.*

**МАХАББАТ** [ар. محبة] зат. **1.** *Әйел мен ер адам арасындағы құштарлық сезім, бір-біріне деген сүйіспеншілік.* **2.** *Адам бойындағы айналасына деген мейірімге толы сезім, адамға тән биік, асқақ сүйіспеншілік, игі қасиет, ізгілік.* **3.** *Бар ынтасы, бар ықыласы, ерекше ыстық қатынас айрықша ынтызарлық, сүйіспеншілік.* **4.** діни. *Алла тағаланың он сегіз мың ғаламды, бүкіл ғаламды жаратқан ұлы, шексіз сүйіспеншілігі.* **5.** *Жаратылыстағы, табиғат әлеміндегі үйлесімділік, сұлулық, реттілік пен тәртіптіліктің ұйытқысы ретіндегі ұлы күш. // Сүйген адам, сүйікті қыз, жар.*

**Махаббат бостандығы**. *Адамның өз сүйіктісін жар етіп таңдау еркі.* **Махаббат дариясына қойып кетті.** поэт. *Сезімге бөленді, сүйіспеншілік сезіміне бой алдырды.* **Махаббатқа бөледі**. **Махаббат қайығы**. поэт. *Адамның сүйіспеншілік сезіміне бөленгендегі көңіл-күйі. Сүйіспеншілікке толтырды, жылы сезімге елітті.* **Махаббат машақаты**. *Басқаға деген сүйіспеншіліктің бейнетін көрген жан күйзелісі, азап пен қиыншылықтар.* **Махаббат қызық мол [кез] жылдар**. поэт. *Ғашық бола білген жастық шақ, қызығы мол жастықтың ғашықтық кезеңі.* **Махаббат оянды**. поэт. *Бойын сүйіспеншілік сезімі жаулап алды, біреуге ғашық болып қалды.* **Махаббат сәулесі.** поэт. *Сүйіспеншілік, ынтықтық, ғашықтық сезім.* **Махаббат сыйлады**. поэт. *Сүйді, жақсы көрді, сезімін біреуге арнады.* **Махаббат тұтанды**. поэт. *Ғашықтық сезімге бой алдырды, сүйіспеншілігі оянды.* **Махаббат тұтты**. *Жақсы көрді, құрметтеді, жақын тартты.* **Махаббаттың киесі**. бейн. *Сүйген адамның тартқан азабы, жазықсыз көз жасы, опасыздық көрген жан күйзелісі.* **Махаббат уы**. поэт. *Сүйіспеншілік азабы, біреуге ғашық болған жалынды сезімнің қайғысы мен күйініш-дерті.*

**МАХАББАТСЫЗ** сын. *Махаббаты жоқ, сүйіспеншіліксіз.*

**МАХАББАТТЫ** сын. *Ынтық, құштарлы, құмар.*

**Махаббатты болды**. *Жақсы көрді, ынтымағы жарасты, сыйластық, сүйіспеншілікті болды.*

**МАХАББАТТЫҚ** зат. *Сүйіспеншілік, ынтықтық.*

**МАХАББАТШЫЛ** сын. **1.** *Махаббатқұмар, сүюге дайын, ынтызар.* **2.** *Махаббатқа толы, сүйіспеншілікке арналған, махаббат тән болған.*

**МАХАЛ** [ар.محال] зат. көне. ***Мезгіл.***

**МАХАЛЛА** [ар.محلة] зат. көне. **1.** *Қаланың бір бөлігі (квартал).* **2.** жерг. *Отырықшы жердегі орам, көше.*

**МАХБУБ** зат. көне. *Сүйікті, аса жақсы көретін адамы.*

**МАХИЗМ** фил.зат. *Буржуазиялық философиядағы реакцияшыл субъективті-идеалистік бағыт.*

**МАХИНАЦИЯ** зат. *Қулықпен, арамдықпен мұратқа жетушілердің жасайтын әрекеті.*

**МАХЛЕ зат. көне.** ***Оқу орны.***

**МАХЛҰҚ** зат. ескі кіт. ***Мақлұқ.***

**МАХОРКА** ор. зат. *Бұрынғы кезде қолданылған сапасы төмен сортты, сырты қапталмаған, оралмаған темекі.*

**Махорка тартты**. *Махорка ұнтағын қағазға орап шекті.*

**МАХПУЗ** [ар.محفوظ] зат. діни. ескі кіт. *Тағдыр, пешене.*

**МАХРҰМ** сын. ескі кіт. ***Мақрұм.***

**Махрұм болды.** ескікіт. ***Мақрұм болды*** *(құр қалды).* **Махрұм қалды.** ескі кіт. *Құр қалды, құралақан қалды.*

**МАХФУЗ** зат. діні.ескі кіт. ***Махпуз.***

**МАХШАР** [ар. مخشر] діни. зат. *Мұсылман дініндегі ұғымы бойынша, өлгеннен кейінгі адам баласының күнәсі тексерілетін жер [Құран кәрім бойынша, Ысрайыл періште сұр үрлегеннен кейін қиямет қайым басталып, бүкіл өлілер тіріліп, қабірлерінен шығып, амал дәптерлері иесіне тапсырылатын, бүкіл жаратылыс Алла тағала алдында есеп беретін алаң].*

**Махшар күні**. діни. *Қиямет күні, ақырзаман келіп, бүкіл жаратылыс Алла тағала алдында осы дүниедегі амалдары үшін есеп берілетін күн.*

**МАХЫРАПҚА** [ар. محراب] зат. діні. *Мешіт ішіндегі Мекке жақ бағытты көрсететін қабырғадағы текше.*

**МАЧЕТО** зат. *Африка елдерінде қолданылатын қанжардың бір түрі.*

**МАШ** үст. сөйл. ***Мәш.***

**МАШАЙЫҚ** [ар. مشايخ] зат. **1.** *Діни басшы, тәрбиеші, ғұлама қарт адам.* **2.** *Желеп-жебеуші рух, қасиетті күш, пір.*

**МАШАЙЫҚ-ПІР** зат. діни. *Діни наным-сенім бойынша адамның тілегенін, Алладан сұрағанын періштелерге жеткізуге медет болушы деп саналатын қасиетті күш иелері, желеп-жебеуші рух.*

**МАШАҚАТ** [ар. مشقة] зат. **1.** *Адам басына түсетін бейнет, қиыншылық, ауыртпалық.* **2.** *Бейнеті ауыр еңбек, қиындығы көп жұмыс.* **3.** *Бос әрекет, әурешілік, құр-бекер зая болған еңбек.*

**Машақатқа қалды.** *Бейнетке қалды, басына бәле тілеп алды, жұмысы көбейді.*

**МАШАҚАТСЫЗ** сын. *Ауыртпалықсыз, қиыншылықсыз, азап-бейнетсіз.*

**МАШАҚАТСЫЗДЫҚ** зат. *Әурешілігі жоқтық, қиыншылықсыздық.*

**МАШАҚАТТАН=** ет. *Азап тарту, бейнеттену, әурелену.*

**МАШАҚАТТАНДЫР=** ет. *Азаптандыру, бейнеттендіру.*

**МАШАҚАТТАНДЫРУ** *Машақаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАШАҚАТТАНУ** *Машақаттан етістігінің қимыл атауы.*

**МАШАҚАТТАУ** сын. *Машақаты молырақ, бейнеті басымдау.*

**МАШАҚАТТЫ** сын. *Машақаты мол, бейнеті көп.*

**МАШИНА** [франц. machine] зат. тех. **1.** ***Мәшине*** *(іштен жану қозғалтқыштары арқылы механикалық қозғалыс жасайтын адам, жүк тасымалдаумен қатар әртүрлі басқа да (шөп шабу, ауылшаруашылық өнімін жинау) сияқты жұмыстарға арналған көліктердің жалпы аты; автомобиль).* **2.** *Адам еңбегін алмастыруға арналған әртүрлі өндіріс орындарында қолданылатын күрделі операциялар атқаратын техникалық құрал, механизм.* **3.** *Адам жасаған қандай да бір механизм, күрделі құрылым.* **4.** *Жеңіл мәшине, жеңіл автокөлік. // Бір көлік, бір жүк мәшине көлеміндей.*

**Машина айдады**. *Автокөлікті жүргізді, шопыр болды, көлік жүргізуші болды.* **Машина бармайды**. *Өркениет әлі жетпеген, қияндағы жер деген мағынада.* **Машинаға түсірілді**. тех. *Қандай да бір ақпаратты техникалық құрал, электрондық есептеуіш құралдың, компьютердің т.б. жадына, тіліне аударылды, соған жазылды.* **Машиналар шабақтардай шоршыды**. бейн. окказ. *Автокөліктер жол бойымен арлы-берлі жүйткіді, зымырап-зулады.*

**МАШИНАДАЙ** сын. ***Мәшинедей*** *(көлік сияқты, жеңіл көліктей).*

**МАШИНАЖАСАУ** зат. *Еңбек құралдарын, көліктерді, қолданыстағы заттар мен қорғаныс өнімдерін жасайтын өндіріс салаларының кешені.*

**МАШИНАЛАН=** ет. *Мәшинемен жабдықталу, техникамен қамтамасыз етілу.*

**МАШИНАЛАНДЫР=** ет. *Іс-әрекетті мәшине арқылы атқару.*

**МАШИНАЛАНДЫРУ** *Машиналандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАШИНАЛАНУ** *Машиналан етістігінің қимыл атауы.*

**МАШИНАЛАС=** ет. *Мәшинелес, автоматтандырылу.*

**МАШИНАЛЫ** сын. *Мәшинелі.* **1.** *Көлікті, көлігі бар.* **2.** *Мәшинемен, техникалық құрылғылармен жабдықталған.*

**МАШИНАЛЫҚ** сын. *Мәшинелік, мәшинеге қатысты, мәшинеге тән.*

**Машиналық аударма.** инф. <ағыл. machine translation> ***Мәшинелік аударма*** *(мәтіннің немесе сөздің бір тілден басқа тілге компьютер көмегімен орындалатын аудармасы).* **Машиналық тіл**. инф. <ағыл. mahine language> *Мәшинелік тіл, компьютерлерге, электрондық есептеуіш құрылғыларға ақпараттарды салу үшін жасалған шартты таңбалар жүйесінен тұратын жасанды тіл.* **Машиналық уақыт.** инф. <ағыл. computer time> *Компьютерде жұмыс істеуге бөлінетін, компьютерде белгілі бір тапсырмалар жиынын орындауға жұмсалатын уақыт.*

**МАШИНАСЫЗ** сын. *Мәшинеге отырмай, жаяу, көліксіз.*

**МАШИНАТАНУ** зат. ғыл. *Мәшинетану; мәшине жасауға қатысты өзекті мәселелерді кешенді түрде зерттейтін ғылым саласы, ғылыми пән.*

**МАШИНИСТ** зат. *Паровоз жүргізуші маман.*

**МАШИНИСТКА** зат. сөйл. *Әріптерді теруге арналған шағын механикалық құралға қолжазбаны басатын адам, әдетте, әйел адам.*

**МАШИНКА** зат. *Мәтінді баспа әріптерімен қағазға түсіруге арналған қолжазба басатын механикалық құрал.*

**МАШҚАР** зат. сөйл. ***Махшар***.

**МАШТАҺАТ** [ар. مشتهاة] зат. діни. *Шариғат бойынша тоғызға толған, балиғатқа толған қыз.*

**МАШУРАТ** зат. көне. ***Машһурат.***

**МАШҺУРАТ** [ар. مشاورة] зат. көне. ескі кіт. *Кеңес, мәслихат.*

**МАШШАЛЛАҺ** од. жаңа. *Таңқалған кезде айтылатын діни сөз.*

**МАШЫҚ** [ар. مشق] зат. **1.** *Дағды, дайындық, қалыптасқан біліктілік.* **2.** *Әдет, үйреншікті іс, салт, мінез т.б. // Әдемі үлгілі, өрнекті.* **3.** психол. *Белгілі бір оқыту, үйрету үдерістері әсерінің негізінде тәлім алушыда қалыптасатын білім, біліктілік дағдысы. // Жатық, жетік.*

**Машығы бар.** *Әдеттенген, үйренген, бейім.* **Машық алды**. *Үйренді, дағдыланды, әдеттенді.* **Машық етті**. *Әдетке айналдырды, үйреншікті қылды.*

**МАШЫҚ=** ет. *Дағдылану, үйрену, дайындалу.*

**МАШЫҚ-ДАҒДЫ** зат. пед. *Белгілі бір мақсатты үдеріс нәтижесінде адамда қалыптасатын адекватты іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, білім-біліктілік үлгісі, реті.*

**МАШЫҚТА=** ет. *Әдет ету, дағдылану, әбден үйрену.*

**МАШЫҚТАЛ=** ет. *Әбден үйрену, дағдылану.*

**МАШЫҚТАЛУ** *Машықтал етістігінің қимыл атауы.*

**МАШЫҚТАН=** ет. *Дағдылану, үйретілу.*

**МАШЫҚТАНҒАНДЫҚ** зат. спорт. *Тәннің үйрену мен жаттығудың әсерінен функциялық және морфологиялық өзгерістерге бейімделуі.*

**МАШЫҚТАНДЫР=** ет. *Дағдыландыру, үйрету.*

**МАШЫҚТАНДЫРУ** *Машықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МАШЫҚТАНДЫРЫЛ=** ет. *Үйретілу.*

**МАШЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Машықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МАШЫҚТАНУ** *Машықтан етістігінің қимыл атауы.*

**МАШЫҚТАС=** ет. *Үйренісу, әдет етісу.*

**МАШЫҚТАСУ** *Машықтас етістігінің қимыл атауы.*

**МАШЫҚТАУ** *Машықта етістігінің қимыл атауы; үйрету.*

**МАШЫҚТЫ** сын. *Әбден қалыптасқан, дағдылы, үйреншікті.*

**МАШЫҚТЫҚ** зат. *Әдетке айналған біліктілік, дайындық.*

**МАШЫРЫҚ** [ар. مشرق] зат. көне. *Күншығыс жақ, шығыс.*

**МАЯ**[1] зат. *Сопақшалау етіп, биіктеп үйілген шөп.*

**Мая жон**. *Дөңкиген, жұмыр, төбе боп үйілген.* **Мая шөп**. *Сопақшалау етіп биік үйіліп жиналған шөп.*

**МАЯ**[2] зат. түйешар. *Жалғыз өркешті, жүні тықыр келген таза тұқымды нар түйенің ұрғашысы.*

**МАЯДАЙ** сын. *Мая секілді, ұрғашы түйедей.*

**МАЯК** зат. *Жағалауды бағдарлауға арналған мұнара шам, шамшырақ.*

**МАЯЛА=** ет. *Пішен мен сабан шөмелелерін көлемі жағынан үлкен етіп ұю, жинау.*

**МАЯЛАН=** ет. *Мая боп үйілу.*

**МАЯЛАНУ** *Маялан етістігінің қимыл атауы.*

**МАЯЛАС** сын. *Мая-мая шөбі бар, көрші отырған.*

**МАЯЛАС=** ет. *Мая қып үйісу.*

**МАЯЛАСУ** *Маялас етістігінің қимыл атауы.*

**МАЯЛАТ=** ет. *Мая қылып үйдіру.*

**МАЯЛАТУ** *Маялат етістігінің қимыл атауы.*

**МАЯЛАУ** *Маяла етістігінің қимыл атауы.*

**МАЯЛАУЫШ** зат. тех. *Пішен мен сабанды маялап жинау үшін арнайы жасалған ауылшаруашылық техникасы, мәшине.*

**МАЯЛЫ** сын. **1.** *Мая болып үйілген, маяланған.* **2.** *Маясы бар.*

**МАЯ-МАЯ** сын. *Бірнеше мая, көп мая. // Үйіліп-үйіліп, төбе-төбе болып.*

**МАЯНА** зат. көне. *Еңбекақы, жалақы, төлем.*

**МАЯТНИК** зат. физ. *Қозғалмайтын нүктенің не осьтің маңында сыртқы күштің әсерінен тербеліс жасайтын қатты дене.*

**МАЯТНИКТІ** сын. *Маятнигі бар, маятник орнатылған.*

**МАЯУЗА** зат. этн. *Киізден жасалған жертөсеніш немесе жеке адамның астына төсеуге арналған дөңгелек, шаршы пішіндегі шағын киіз төсеніш.*

**МАЯШЫ** зат. *Мая салатын адам.*

**МӘ** од. **1.** *Нұсқай айтылатын «ал» мағынасындағы ишарат сөз.* **2.** сөйл. *Бір нәрсеге қатты таңғалғанын, оны күтпегенін білдіру үшін қолданылатын сөз.*

**Мә, саған.** *Міне, саған, өзіңе де сол керек, сазайыңды тарт, ал ендеше.*

**МӘГӘР** шыл. ескі кіт. *Егер деген шылау мағынасында.*

**МӘДЕЛІ** сын. көне. *Күшті.*

**МӘДЕНИ** [ар. مدنی] сын. *Мәдениеттілікке, мәдениетке қатысты.*

**Мәдени ахуал**. қоғ.-әлеум. *Белгілі бір қоғамдағы мәдени өмірдің жай-күйі, жағдайы.* **Мәдени байлық**. *Қандай да бір қоғам мәдениетінің көрсеткіштері болып табылатын материалдық және рухани құндылықтар.* **Мәдени борыққамыс.** өс. <лат. saccharum officinarum> *Биіктігі алты метрге дейін, сабағының жуандығы бес сантиметрдей болатын астық тұқымдасына жататын борыққамыс туысының бір түрі.* **Мәдени бірегейлік**. саяси. *Ортақ тарихи, географиялық, тұрмыстық, рухани т.б. әсерлердің күшімен қалыптасқан белгілі бір ұжымның материалдық және рухани құндылықтарының тұтастығы.* **Мәдени генофонд.** филос. *Нақты бір этностың немесе өркениеттің адамзаттың жалпы мәдени қазыналар қорына қосқан құндылықтарының жиынтығы, әлемдік мәдениеттердің көптүрлілігі мен өзіндік ерекшеліктері.* **Мәдени дәреже.** *Рухани деңгей.* **Мәдени жайылым.** сушар. *Арнайы шөп тұқымдарын егіп, оны суарып, шалғынын шауып, қалғанына мал жайып, малды семіртуге арналған шұрайлы жер.* **Мәдени қарабидай.** өс. <лат. secale cereale> *Астық тұқымдасына жататын дақыл.* **Мәдени мұра**. *Елдің, ұлттың заттық және рухани құндылықтарын көрсететін жәдігерлер, туындылар мен заттық мәдениет нысандары.* **Мәдени өсімдіктер**. ауылшар. *Шаруашылық, өндірістік, техникалық мақсатта адам баласымен арнайы өсірілетін өсімдіктер.* **Мәдени төңкеріс [революция].** *Әдебиет пен өнердегі рухани құндылықтарды танып, бағалаудағы жаңашылдық.*

**МӘДЕНИ-АҒАРТУ** сын. қоғ. *Халықтың мәдениеті мен білімін, сауатын арттыратын.*

**МӘДЕНИЕТ** [ар. مدنية] зат. **1.** *Жетілгендік, дамығандық, өркениеттілік.* **2.** филос. <лат. cultura> *Адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен, олардың материалдық және рухани байлықты, жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі.*

**Мәдениет ошағы [ордасы]**. *Қоғамның озық ойлы зиялы, өнерлі топтары шоғырланған білім-ғылым, өнер дамыған орталық, елді мекен.* **Мәдениет сарайы.** *Үлкен мәдени жиындар өткізу үшін арнайы салынған сәулет-құрылыс нысаны, кең, жарық үй.* **Мәдениет сарқыншағы.** өнер. *Көне мәдениет элементтерінің ізі, сарабы.* **Мәдениеттің жаһандануы**. мәд. саяси. *Жалпы адамзаттың бүкіләлемдік біртұтас мәдениетті қалыптастыру үдерісі.* **Мәдениет үйі.** *Әртүрлі мәдени шаралар өткізумен айналысатын арнайы құрылған ұжым немесе сол ұжымның қызмет ететін ғимараты.* **Мәдениет философиясы**. филос. *Мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін философиялық пән.* **Мәдениетін көтеру.** *Мәдени дәрежесін жақсарта түсу, мәдениетін арттыру.*

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ: мәдениетаралық коммуникация**. мәд. *Мәдениаралық өзара ықпалдасу негізінде субъектілер (жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар, қауымдастықтар, мәдениеттер, өркениеттер) арасындағы байланыстар арқылы пайда болған құндылықтармен, оның ұстанымдарымен өзара алмасу, қарым-қатынас түрі.*

**МӘДЕНИЕТСІЗ** сын. **1.** *Мәдениеті дамымаған, мәдениеті жоқ, надан.* **2.** *Артта қалған, жетілмеген.*

**МӘДЕНИЕТСІЗДІК** зат. *Мәдени дәрежесі төмендік, мәдениеті жоқтық.*

**МӘДЕНИЕТТАНУ** зат. ғыл. *Адамзаттың немесе қандай да бір қоғамның мәдениетін зерттейтін гуманитарлық ғылым саласы.*

**МӘДЕНИЕТТАНУШЫ** зат. *Адамзаттың не белгілі бір қоғамның мәдениетін зерттеуші.*

**МӘДЕНИЕТТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Мәдениеттануға қатыстылық.*

**МӘДЕНИЕТТЕН=** ет. **1.** *Даму, қоғам мүшелерінің игілігіне айналу.* **2.** *Озық үлгідегі білім, дағдыларды игеріп, меңгеру.*

**МӘДЕНИЕТТЕНДІР=** е т. *Мәдениетті игерту, озық үлгідегі нұсқаларды меңгерту, ендіру.*

**МӘДЕНИЕТТЕНДІРУ** *Мәдениеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**МӘДЕНИЕТТЕНУ** *Мәдениеттен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘДЕНИЕТТІ** с ы н. *Мәдени дәрежесі дамыған, жоғары, озық.*

**МӘДЕНИЕТТІК** с ы н. *Мәдениетке қатысты, мәдениетке тән.*

**МӘДЕНИЕТТІЛІК** з а т. *Адамға тән тәрбиелі, үлгілі әдептің озық үлгілерін меңгергендік.*

**МӘДЕНИЕТШІЛ** с ы н. *Мәдениетке әуес, мәдениет құмар.*

**МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК** с ы н. *Қалың көпшілік арасында жүргізілетін (іс-шара, жиналыс т.б.).*

**МӘДЕНИЛЕН=** е т. *Адам баласының әрекеті нәтижесінде қолдан өсірілудің игерілуі, арнайы өсірілу.*

**Мәдениленген өсімдік.** а у ы л ш а р. *Селекция тұрғысынан өзгермеген, агроценоздан тыс өмір сүретін қабілетін жоғалтпаған жаратылыс қауымдастығынан алынып, қолдан өсірілетін өсімдік.*

**МӘДЕНИЛЕНДІР=** е т. а у ы л ш а р. **1.** *Адамның жабайы өсімдіктерді әртүрлі ауылшаруашылық, техникалық өндіріс мақсатында игеруі, арнайы өсіруі.* **2.** с а я с и. *Өзге мәдениетті таңу, ендіру.*

**МӘДЕНИЛЕНДІРУ** *Мәденилендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** а у ы л ш а р. *Арнайы өсіру.* **МӘДЕНИЛЕНДІРІЛ=** е т. *Қолдан өсірілу, арнайы өсірілу.*

**МӘДЕНИЛЕНДІРІЛУ** *Мәденилендіріл етістігінің қимыл атауы;*

**МӘДЕНИЛЕНУ** *Мәденилен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ** с ы н. *Жұртшылық мәдениеті мен біліктілігін, таным көкжиегін жақсартуға арналған немесе сондай маңызға ие.*

**МӘДЕТ** з а т. е с к і к і т. ***Медет.***

**Мәдет қылды.** *Тілек қылды.*

**Мәдет тіледі.** *Қолдау, көмек, тірек сұрады.*

**МӘДИЕН** з а т. ө с. *Ылғалды жерлерде өсетін шөптің бір түрі.*

**МӘДМӘЛӘТ** з а т. е с к і к і т. *Мақсат, мұрат деген мағынада.*

**МӘДІ** [ар.مهدی] д і н и. ***Маһди*** *(ислам аңыздары бойынша, ақыреттің жақындап қалғанын хабарлаушы, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) ең соңғы мұрагері, ақырзаманда көктен түсіп, исламның тазалығын қалпына келтіріп, жер бетінде әділетті заман орнатушы, билеуші [Ол һижраның 250 жылы шамасында ғайып болған. Шиғалардың діни түсінігінше, Мәһди тірі. Ол мұсылмандардың тағдырын өз қолына алған, оларды басқарып тұрады. Мәһди қайтадан бұл дүниеге келіп, ақырзаман алдында тажал жауызды жеңіп шығады].*

**МӘЖБҮР** [ар. مجبور] с ы н. *Істелуге тиіс, мұқтаж, амалсыз, шарасыз.*

**Мәжбүр болды**. *Амалсыз көнді, амалы қалмады.* **Мәжбүр етті.** *Амалсыздан істеуге тиісті болды, еріксіз көндірді, міндеттеді.* **Мәжбүр қылды**. *Мәжбүрледі, істеуге көндірді.*

**МӘЖБҮРЛЕ=** е т. *Шарасыз ету, мәжбүр қылу.*

**МӘЖБҮРЛЕН=** е т. *Мәжбүр болу.*

**МӘЖБҮРЛЕНУ** *Мәжбүрлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЖБҮРЛЕТ=** е т. *Мәжбүр қылу.*

**МӘЖБҮРЛЕТУ** *Мәжбүрлет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЖБҮРЛЕУ** *Мәжбүрле етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЖБҮРЛІК** з а т. *Амалсыздық, шарасыздық.*

**МӘЖЕТ** з а т. е с к і к і т. *Медет, көмек, жәрдем.*

**МӘЖНҮН** [ар. مجنون] с ы н. *Есуас, жынды [Қазақ халық ауыз әдебиетінде аттары белгілі Шығыста өткен Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Жүсіп-Зылиха, Бахрам-Құләнда, Сейпілмәлік-Жамал, Бозжігіт-Қарашаш, Зизді-Қорлығайын – жеті ғашықтың ішінде Ләйліге ғашық болған сыңары, ғашықтығының тереңдігі, күштілігі соншалық, сүйіктісіне қосылу жолында көрген азаптарынан есінен адасып қалатындықтан, ғашықтық дертін тартқандарды да Мәжнүн деп атап кеткен].*

**Мәжнүн қылды**. *Ғашық етті, махаббаттан қайғы шектіріп, есінен айырды.*

**МӘЖНҮНДЕУ** с ы н. *Есерсоқтау, жындылау.*

**МӘЖНҮНДІК** з а т. *Ғашықтықтан есі ауысқандық, ақылынан танғандық, қиялилық.*

**МӘЖУСИ** ар. з а т. д і н и. *Б.з.д. ІІ-І мыңжылдықта Парсы мемлекетінде кең тараған, отқа табынушылық ағымдағы адам, отқа табынған адам.*

**МӘЖУСИЛІК** [ар. مجوسی] з а т. д і н и. <авеста magus – сиқыршы> *Отқа табынушылық сипаттағы көне сенімдердің ислам әдебиетіндегі жиынтық атауы.*

**МӘЖІЛІС** [ар. مجلس] з а т. **1.** с а я с и. *Мемлекеттің заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органы, Парламенттің тұрақты негізде жұмыс істейтін Сенаттан кейінгі екі палатасының бірі.* **2.** *Белгілі бір мәселені талқылау үшін ұжымның алқалық ұйымының, ұйым мүшелерінің бас қосатын отырысы, кеңесі.* **3.** *Бір мәселені шешу, талқылау үшін бас қосу, бірігіп ақылдасу.* **4.** тар. *Ертеректегі қазақ қоғамында хандар тұсынан құрылған елдік, елішілік мәселелерді талқылау, шешу үшін өткізілетін үлкен алқалық басқосу, жиын, мәслихат.* **5.** а у ы с. *Жұрт көп жиналған, жайсаң мен жақсы үйірілген дүрлікпе думан, қызықты думанды отырыс, мерекелі жиын.*

**Мәжіліс залы.** *Жиналыс, мәжіліс өткізілетін зал.* **Мәжіліс құрды**. а) *Бас қосып отырысты, жиналып шүңкырасты, әмпей-жәмпей болысты.* ә) *Басқаларды айналасына үйірді, топ бастады.* **Мәжіліс қылды**. *Тойлады, думанды жиынға қатысты.* **Мәжіліс тыңдады**. *Жиында, басқосуда сөз тыңдады, мәжіліске қатысты.*

**МӘЖІЛІСҚОР** с ы н. *Мәжіліске әуес, жиыншыл, отырысшыл, думаншыл.*

**МӘЖІЛІСМЕН** [ар. مجلس مند] з а т. с а я с и. жаңа.*Мәжіліс депутаты.*

**МӘЖІЛІСТЕС** с ы н. *Мәжілісте бірге болған, жиындас. // Бірге бас қосып отырған адам, жиындас серік.*

**МӘЖІЛІСТЕС=** е т. *Мәжіліс құру, бас қосып әңгімелесу.*

**МӘЖІЛІСТЕСУ** *Мәжілістес етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЖІЛІСХАНА** з а т. *Мәжіліс өткізетін жер, мәжіліс залы.*

**МӘЖІЛІС-ШІЛДЕХАНА** з а т. э т н. *Нәрестенің туған күнін тойлауға арналған думанды жиын-той.*

**МӘЖІН** с ы н. с ө й л. ***Мәжнүн.***

**МӘЗ** с ы н. *Қуанышты, шат көңілді.*

**Мәз болды**. а) *Ішек-сілесі қатып күлді.* ә) *Қуанды, риза болды.* б) *Місе тұтты, көңілі жайланды.* **Мәз емес**. *Айтарлықтай емес, нашар.* **Мәз етті**. *Қуантты, риза қылды.* **Мәз қылды**. *Ішек-сілесін қатырды, мәз-мейрам етті.* **Мәз таппады**. *Қарық қылмады, жетістірмеді.*

**МӘЗДЕЙ** с ы н. с ө й л. *Қуанышты сияқты, шат көңілдей.*

**МӘЗДЕН=** е т. *Мәз болу, масаттану, масайрау.*

**МӘЗДЕНУ** *Мәзден етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЗ-ДУМАН** з а т. *Қуанышты дүрмек, думанды жиын.*

**МӘЗКҮР** сын. көне. *Айлакер, қу.*

**МӘЗ-МЕЙРАМ** с ы н. *Қуанышты, көңілді.*

**Мәз-мейрам болды**. а) *Күлкіге қарқ болды, қуанды.* ә) *Қуанды, шаттанды.* **Мәз-мейрам етті**. *Ішек-сілесін қатырды, күлдірді.*

**МӘЗСІН=** е т. *Мәз болғансу, қуанғансу.*

**МӘЗІР** з а т. **1.** *Дайындалып ұсынылған ас, дастарқанға қойылған тағам.* **2.** т е р м. <ағыл. menu> *Қоғамдық тамақтану орындарында ұсынылатын дәм-тағамның түрлерінің құрамы, тізімі және бағасы жазып көрсетілген қағаз.* **3.** *Белгілі бір мезгілдің немесе арнайы дастарқанның құрамындағы тағамдар жиыны.* **4.** а у ы с. *Несібе, бұйырған ризық.*

**МӘЗІРЕТ** з а т. *Дайындық; ас мәзірінің әзірленуі.*

**МӘЙЕК** [ир. مایه] з а т. э т н. **1.** *Жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын іріткіш зат.* **2.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсеге арқау боларлық негізгі ұйытқы.*

**Мәйегі аузынан шығып тұр [отыр].** а) *Қатты семіріп кеткен, семіз.* ә) *Екі қабат әйел туралы.* **Мәйек басты.** *Семірді.* **Мәйек іріді.** *Ұйытқысы бұзылды, іріткі түсті, берекесі кетті.* **Мәйекті бұзау.** *Туылған кезінен бастап енесінің сүтіне әбден қандырып, тойғыза емізділген бұзау.*

**МӘЙЕКТЕН=** е т. *Құнар жинау.*

**МӘЙКЕ: мәйке қоңыз.** з о о л. *Көкектің аяғы, мамырдың алғашқы жартысында жусанды жазықтарда пайда болатын, денесі үш бунақты қара қоңыз.*

**МӘЙКІ** [ор. майка] з а т. *Ер адамдардың кеудеге киетін жеңсіз ішкиімі, теркөйлек.*

**МӘЙМЕНДЕЙ** с ы н. *Лықа, әбден.*

**МӘЙМӨҢКЕ**[1] з а т. э т н. **1.** *Тоқымашылық ісінде шегенің басын бүркеншіктей, тойтарып, күмбез түсіріп, әрлейтін ағаш сайман.* **2.** *Кілемнің, терменің жіптерін теріп отыратын қайқы бас жұқа қалақша.* **3.** *Пышақтың сабын ұстатуға арналған шеге.*

**МӘЙМӨҢКЕ**[2] с ы н. с ө й л. *Жұмсақ, жағымды (сөз).*

**МӘЙМӨҢКЕЛЕ=** е т. к ә с. *Мәймөңкемен өрмек жібінен өрнек теру.*

**МӘЙМӨҢКЕЛЕУ** *Мәймөңкеле етістігінің қимыл атауы; мәймөңкемен өрнек теру.*

**МӘЙМУНДАЙ** с ы н. *Мәймун сияқты, жорға жүрісті.*

**МӘЙІМ** с ы н. ж е р г. *Әдепті, сыпайы, жағымды.*

**МӘЙІТ** [ар. میت] з а т. *Өлген кісінің денесі, өлік.*

**МӘЙІТАҒАШ** з а т. э т н. *Мәйітті ат үстінде отырғызғандай етіп алып жүретін ағаш құралғы.*

**МӘЙІТХАНА** [ар.ир. میت خانه] з а т. м е д. <франц. morgue> *Ауруханалардың, сот-медициналық мекемелердің жанындағы арнайы өлік сақтайтын суық орын; морг.*

**МӘКӘР** с ы н. к ө н е. ***Мекер.***

**МӘКРУ** з а т. д і н и. ***Мәкурк.***

**МӘКҮРК** [ар. مکروه] з а т. д і н и. *Шариғат бойынша істегені күнәға жақын саналатын, тыйым салынған амал-әрекеттер.*

**МӘКІ**[1] з а т. к ә с. ж е р г. *Бөз тоқитын бұрандалы ағаш.*

**МӘКІ**[2] з а т. ж е р г. *Кебістің шарық сияқты жиегі көктелген, тұмсығы қайқы түрі.*

**МӘКІ**[3] з а т. ж е р г. *Жаңылыс, қате.*

**Мәкі берді**. ж е р г. *Қате жіберді, жаңылысты.*

**МӘКІР** [ар. مکر] з а т. *Арам ой, қулық.*

**МӘКІРЛІК** с ы н. *Арамдық, тәсілқойлық.*

**МӘЛ** [ар. مد] з а т. к ө н е. ***Махал*** *(мезгіл, кез).*

**Мәлден өтті.** *Жасы келді, өмірдің бір кезеңінен өтті, қартайды [Мұндағы кез, шақ байырғы әдебиетте алпыс үш жас дегенді аңғартады, ертеректегі қазақ салтында мүшел жаста қасиетті деп есептелген].*

**МӘЛӘЛ** [ар. ملال] з а т. е с к і к і т. *Қайғы, уайым.*

**Мәләл болды.** *Қайғырды, уайымға батты.*

**МӘЛӘМАТ** [ар. ملامت] е т. к ө н е. *Ұрсысу, бетіне басу.*

**МӘЛЕЛСІЗ** с ы н. *Күдіксіз, күмәнсіз.*

**МӘЛКІЛДЕ=** е т. с ө й л. *Адамның ия малдың арық-тұрақ болып, күші азаюы.*

**МӘЛӨЛ** з а т. е с к і к і т. ***Мәләл***.

**МӘЛӨЛДІК** з а т. е с к і к і т. *Қайғы, уайым.*

**МӘЛТЕКБАС** с ы н. ж е р г. *Топас, надан.*

**МӘЛТЕКТЕ=** е т. *Басы қату, есеңгіреу.*

**МӘЛТЕКТЕТ=** е т. *Шаршату, есеңгірету.*

**МӘЛТЕКТЕТУ** *Мәлтектет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЛТЕКТЕУ** *Мәлтекте етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЛТЕКТІК** з а т. *Топастық, надандық.*

**МӘЛІ** з а т. к ө н е. *Кез, уақыт, шама.*

**МӘЛІК**[1] [ар. ملك] з а т. **1.** *Әмірші, патша.* **2.** а у ы с. *Қожа, ие, алпауыт.*

**МӘЛІК**[2] [ар. ملك] з а т. м и ф. ***Періште*** *[діни таным-түсінік, сенім бойынша, тек ақылдан жаратылған, Құдайға жақын және әмірін орындаушы жанды зат].*

**МӘЛІК**[3] з а т. в е т. *Ірі қара малда болатын жұқпалы ауру.*

**Мәлік келгір.** қ а р ғ. *Сиырға айтылатын қарғыс.*

**МӘЛІК**[4] з а т. *Қоянның ізі.*

**МӘЛІКЗАДА** [ир. ملکزاده] з а т. *Ханзада, шаһзада.*

**МӘЛІМ** [ар. معلوم] с ы н. *Жұртқа аян, белгілі, анық.*

**Мәлім болу.** *Танымал болу, әйгілену.*

**МӘЛІМДЕ=** е т. *Болған уақиғаны толық айтып жеткізу, хабарлау, баяндау.*

**МӘЛІМДЕМЕ**[1] з а т. **1.** *Белгілі бір оқиға туралы хабарлама.* **2.** р е с м и. <франц. communique> *Халықаралық мәселелер бойынша ресми үкіметтік хабарлама.*

**МӘЛІМДЕН=** е т. *Хабарлану, хабардар болу.*

**МӘЛІМДЕНУ** *Мәлімден етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЛІМДЕТ=** е т. *Хабарлату, баяндату.*

**МӘЛІМДЕТУ** *Мәлімдет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЛІМДЕУ** *Мәлімде етістігінің қимыл атауы.*

**МӘЛІМДЕУШІ** з а т. *Мәлім етуші, хабарлаушы.*

**МӘЛІМДІК** з а т. *Мәлім болғандық, белгілілік.*

**МӘЛІМЕТ** [ар. معلومات] з а т. к і т. **1.** *Белгілі бір істің барысы, жайы туралы хабар; мағлұмат.* **2.** *Белгілі бір оқиға не жұмыс жөнінде ауызша немесе жазбаша түрде берілетін ақпарат, дерек.*

**Мәлімет көзі.** а) *Ақпарат беруші, мәлімет алынған жер, орын, т.б.* ә) и н ф. <ағыл. date soure> *Мәліметтер жинауға арналған барабар немесе сандық құрылғы, мәліметтерді оқу құрылғысы.* **Мәліметтер базасы [қоры].** <ағыл. database> а) *Өзара байланысты деректер жиыны және оларды бірыңғай басқару жүйесі, сақтау және олардың өзіне тән басқару принциптері бойынша ұйымдастырылған деректер жиыны.* б) ә с к. *Екі жақтың мақұлдауымен берілетін әр жақ күштерінің сипаттамасы.* **Мәліметтер базасын басқару.** и н ф. <ағыл. database management> *Мәліметтер базасында ақпарат енгізу, реттеу және іздеп-табумен байланысты мәселелерді шешу.* **Мәліметтер базасын даярлау.** и н ф. <лат. creation, creation of a database>. *Алғашқы мәліметтерді дайындаудан, мәліметтер базасының құрылымын әзірлеуден, мәліметтер базасын басқару жүйесінің және мәліметтер базасына жазбаларды жүктеуден тұратын операциялар кешені.* **Мәліметтер базасын жүктеу.** и н ф. <ағыл. database load> *Мәліметтерді мәліметтер базасына жазу.* **Мәліметтер базасын қақпалау.** и н ф. <ағыл. database replication> *Мәліметтер базасын бөлуді енгізгенде қолданылатын арнайы операция.* **Мәліметтер бірлігі.** и н ф. <ағыл. date unit> *Жүйеде қабылданған мәліметтер құрылымының дербес бөлігі.* **Мәліметтерді құрылымдау.** и н ф. <ағыл. data structuring> *Мәліметтерді объектілердің элементарлық типі және олардың арасындағы қатынастар ретінде анықтаудан тұратын мәліметтер құрылымын даярлау.* **Мәліметтерді қысу.** и н ф. <ағыл. date compression> *Жадты үнемдеу, мәліметтерді жеткізу тиімділігін арттыру мақсатында мәліметтердің бар ақпаратын жоғалтпай, біршама жинақты формада түрлендіру арқылы ақпараттың физикалық көлемін кішірейту.* **Мәліметтердің тұтастығы.** и н ф. <ағыл. date integrity> *Компьютер жадында сақталатын мәліметтердің жүйелік қателерге тұрақтылығы.* **Мәліметтер жазбасы.** и н ф. <ағыл. *data record*> *Мәліметтер құрылымының бірлігі; мәліметтерді негізгі жадтан сыртқы жадқа ауыстыратын мәшинелік амал.*

**МӘЛІМЕТСІЗДІК** з а т. *Дерек, ақпарат жоқтық, белгісіздік.*

**МӘЛіМЕТТАСУЫШ** з а т. и н ф. *Мәліметтерді жазып сақтауға арналған құрылғы.*

**МӘЛІМЕТТІК** с ы н. *Мәліметке қатысты; мәлімет болатындай.*

**МӘЛІМСІЗ** с ы н. **1.** *Белгісіз, түсініксіз.* **2.** *Хабарсыз, беймәлім.*

**МӘЛІМСІЗДЕУ** с ы н. *Белгісіздеу, түсініксіздеу.*

**МӘЛІМСІЗДІК** з а т. *Белгісіздік, мәлім еместік.*

**МӘЛІМІРЕК** с ы н. *Түсініктірек, белгілірек.*

**МӘЛІН** з а т. **1.** *Сырт пішіні үй мысығына ұқсас аң.* **2.** з о о л. <лат. felis silvestris> *Дене тұрқы 47,5-74 см, салмағы 1,9-6,3 кг, арқа жүні қара, қоңыр шұбар теңбілі бар сұр түсті, бауыры ақшыл, сүтқоректілер класы жыртқыштар отрядының мысықтар тұқымдасына жататын аң.*

**Мәлін тон.** э т н. *Мәлін терілерін беттестіріп, бидайлап, астарлап тіккен тон.*

**МӘЛІСКЕН** з а т. *Сырткиімдік, мақтадан жасалған қалың мата.*

**МӘЛІШ**[1] з а т. ж е р г. *Қаракөл мен салпаң құйрықты болып келетін саранжа қойдан туған қой тұқымы.*

**Мәліш бөрік.** *Мәліш қойдың терісінен тігілген баскиім.* **Мәліш қой.** *Салпаң құйрықты, құйрығы жіңішке қой тұқымы.*

**МӘЛІШ**[2] з а т. *Ұсақ-түйек, өнімсіз іс.*

**МӘМЕТІНДЕ** ү с т. с ө й л. *Сол сәтте, артынша, іле-шала.*

**МӘМИ: мәми ауыз**. *Ашық ауыз, аңқау, ынжық.*

**МӘМПӘСИ** з а т. с ө й л. ***Мәнпаси.***

**МӘМІЛЕ** [ар. معامله ] з а т. **1.** *Бітім, келісім.* **2.** қ ұ қ ы қ. *Жеке немесе заңды тұлғалардың мүліктік қатынастарды және осы қатынастармен байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті.*

**Мәмілеге келді.** *Бітімге келді, келісті.*

**МӘМІЛЕГЕР** [ар.ир.معاملهگر] з а т. *Екі жақты келістіретін, дауласқан екі елді ымыраға келтіретін бітімші.*

**МӘМІЛЕГЕРЛІК** з а т. *Бітімшілдік, келісімшілдік.*

**МӘМІЛЕЛЕС=** е т. *Келісу, бітісу.*

**МӘМІЛЕЛЕСУ** *Мәмілелес етістігінің қимыл атауы.*

**МӘМІЛЕЛІ** с ы н. *Бітімге келген, келісілген.*

**МӘМІЛЕШІЛ** с ы н. *Бітімшіл, келісімпаз.*

**МӘМІЛЕШІЛДІК** з а т. *Келісімпаздық, ымырашылдық.*

**МӘН** з а т. **1.** *Сана, ұғым арқылы аңғарылатын ішкі мазмұн, мағына.* **2.** ғ ы л. *Іс-әрекет пен қарым-қатынастың бірлігі арқасында адамның шындықтағы құбылыстарды жалпылай алуының нысаны.* **3.** м а т. *Белгілі бір математикалық нысанның сандық көрсеткіші.*

**Мән бермеді [берген жоқ].** *Көңіл қоймады, назар аудармады, елемеді.* **Мәні бар.** а) *Өзіндік ерекшелікке ие, жөні мен реті, мағынасы бар.* ә) *Маңызды.* **Мәні болмады.** *Жайы келіспеді.* **Мәні келмеді.** а) *Ыңғай, реті болмады, оңалмады.* ә) *Жағдайы жақсармады, күйі болмады.* **Мәнін тапты.** *Ұғынды, байымдады.*

**МӘНДЕ=** е т. *Мән беру, түсіну.*

**МӘНДЕС** с ы н. *Мәні, мағынасы жақын; синонимдес.*

**МӘНДІ** с ы н. **1.** *Мәні бар, мағыналы.* **2.** *Мазмұнды, маңызы бар.*

**МӘНДІЛІК** з а т. **1.** *Мәні барлық, мағыналық, маңыздылық.* **2.** п с и х о л. *Адам жанының түрткі, уәждерінен туындайтын қажеттілік.*

**МӘНДІР** зат. этн. *Жас төлдің ірімшік ұйыту үшін сүтке ашытқан ұлтабар шырыны.*

**МӘНДІРЕК** с ы н. *Мәні ерекшерек, маңыздырақ.*

**МӘНЕР** з а т. **1.** ө н е р. *Әшекей, ою-өрнек, безек немесе әуен, сарынның өзіндік нақышы.* **2.** а у ы с. *Өзіндік ерекшелік, даралық.*

**МӘНЕРЛЕ=** е т. **1.** *Әшекейлеу, өрнектеу, әрлеу.* **2.** а у ы с. *Нақышына, бабына келтіріп сөйлеу, әдемілеп оқу.*

**Мәнерлеп сырғанау.** с п о р т. *Мұз айдынында музыка сазына сәйкес әсем қимыл жасап, конькимен сырғанау арқылы орындалатын спорт түрі.*

**МӘНЕРЛЕГІШ** з а т. з е р г. *Күміс бетіне шимай салатын құрал.*

**МӘНЕРЛЕН=** е т. *Өрнектелу, әшекейлену.*

**МӘНЕРЛЕНДІР=** е т. *Әшекейлендіру, әрлендіру.*

**МӘНЕРЛЕНДІРУ** *Мәнерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНЕРЛЕНУ** *Мәнерлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНЕРЛЕС** с ы н. *Мәнері бір, мәндес.*

**МӘНЕРЛЕТ=** е т. *Әшекейлету, өрнектету.*

**МӘНЕРЛЕТУ** *Мәнерлет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНЕРЛЕУ** *Мәнерле етістігінің қимыл атауы; әшекейлеу, өрнектеу.*

**МӘНЕРЛІ** сын. **1.** *Сәнді әшекейленген, ою-өрнегі бар.* **2.** ауыс. *Нақышты, көркем.*

**МӘНЕРЛІЛІК** зат. *Мәнерлі болғандық, сәнділік.*

**МӘНЕРСІЗ** сын. *Ерекшеліксіз, даралығы жоқ.*

**Мәнерсіз бие**. *Сүті аз бие.*

**МӘНЕТ** [ор. монета] зат. *Алтын, күміс, мыс, кейінгі кезде мыс, никель, алюминий қорытпаларынан шекілген, заңмен белгіленген салмақ құрамы мен пішіні бар, айналыс және төлем құралы болып табылатын ақша белгісі.*

**Мәнет сарайы.** *Мәнет, ордендер мен медальдар, металдардан жасалатын басқа да алтын, күміс, сыр жалатқан металл бұйымдар жасайтын мемлекеттік кәсіпорын.*

**МӘНЕТШІЛДІК** зат. экон. *Айналыстағы ақша массасы нарықтық экономиканы тұрақтандырып, дамытуда белгілі рөл атқарады дейтін экономикалық теория.*

**МӘН-ЖАЙ** зат. *Бір нәрсенің қыр-сыры, жағдайы.*

**МӘНЖУБАС** сын. *Бос, болбыр, ынжық.*

**МӘНЗЕЛ** зат. жерг. *Өзгешілік, ерекшелік, мән.*

**МӘНЗЕЛДЕС** сын. *Тәріздес, сияқты.*

**МӘНЗЕЛДІ** сын. сөйл. *Тәрізді, сияқты.*

**МӘНЗҮР: мәнзүр қылмады [қылған жоқ].** *Елең қылмады, ескермеді.*

**МӘНЗІЛ**[1] [ар. منزل ] зат. *Мекен, тұрақ, үй.*

**МӘНЗІЛ**[2] [ар. منزل] зат. *Дәреже, атақ.*

**МӘНИ** ар. зат. діни. *Шариғатта жыныстық қатынас кезінде, ұйқыда жатқанда, шақуатқа берілгенде серпінмен төгіліп шығатын сұйықтық, шәует.*

**Мәни суы.** ***Шаһуат.***

**МӘН-МАҒЫНА** зат. *Бір нәрсенің мағынасы мен маңызы, мазмұны.*

**МӘНПАСИ** [франц. montrensier] зат. *Әр түсті кішірек, қатты мұз кәмпит.*

**МӘНСАП** зат. сөйл. ***Мансап.***

**МӘНСҮП** [ар. منصوب ] зат. *Тән болушылық меншігі, иелігі.*

**МӘНСІЗ** сын. **1.** *Мәні жоқ, мағынасыз, мазмұнсыз; бос.* **2.** ауыс. *Боскеуде, қуыс кеуде (адам).*

**МӘНСІЗДЕН=** ет. *Мәнінен айырылу, мағынасыздану.*

**МӘНСІЗДЕНДІР=** ет. *Мәнін жоғалттыру.*

**МӘНСІЗДЕНДІРУ** *Мәнсізденд ір етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНСІЗДЕНУ** *Мәнсізден етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНСІЗДІК** зат. **1.** *Мәні жоқтық, маңызсыздық.* **2.** *Мәні жоқ нәрсе, маңызсыз іс, зат, т.б.*

**МӘНТІ** зат. тамақ. *Өте ұсақ туралған етке тұз, бұрыш жуа т.б. қосып, көлемі тұшпарадан үлкендеу етіп қамырға орап жасалатын, арнаулы қасқанда буға пісірілетін дәмді тағам.*

**МӘНФАҒАТ** [ар. منفعة ] зат. ескі кіт. **1.** *Пайда, табыс, кіріс.* **2.** *Игілік, жақсылық.*

**МӘНІС** зат. **1.** *Сөздің ішкі мазмұны, маңызы.* **2.** *Бір нәрсенің мәні, жай-жапсары.* **3.** *Бір нәрсенің жөні, күйі, барысы, астары.* **4.** *Бір нәрсенің себебі, уәжі, түрткісі.*

**Мәнісі бар**. сөйл. *Мәні бар, жөні, реті бар.*

**МӘНІСТЕ=** ет. *Мәнін түсіндіру.*

**МӘНІСТЕУ** *Мәністе етістігінің қимыл атауы.*

**МӘНІССІЗ** сын. *Мәнісі жоқ, маңызсыз.*

**МӘҢГУ** *Мәңгі етістігінің қимыл атауы.*

**МӘҢГҮРТ** зат. **1.** *Ақылы кем, есуас, жынды адам.* **2.** қоғ.-саяси. *Тарихи жадынан, тілі мен дінінен, ділінен айырылған ұлтсызданған адам.*

**МӘҢГҮРТТЕН=** ет. *Тілі, діні, ділі сияқты ұлттық қасиетінен айырылып, мәңгүртке айналу.*

**МӘҢГҮРТТЕНДІР=** ет. қоғ.-саяси. *Мәңгүртке айналдыру.*

**МӘҢГҮРТТЕНДІРУ** қоғ.-саяси. *Мәңгүрттендір етістігінің қимыл атауы; ұлтсыздандыру, тілі мен ділінен айыру.*

**МӘҢГҮРТТЕНУ** *Мәңгүрттен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘҢГҮРТТЕС=** ет. *Жаппай мәңгүрт күйге түсу.*

**МӘҢГҮРТТЕСУ** *Мәңгүрттес етістігінің қимыл атауы.*

**МӘҢГҮРТТІК** зат. саяси. филос. *Адам бойында ұлттық мәдениет пен құндылықтардың, адамгершілік қасиеттердің жойылуын білдіретін ұғым.*

**МӘҢГІ**[1] зат. *Басы ауған жаққа қаңғып жүре беретін адам, нақұрыс; әңгі.*

**МӘҢГІ**[2] үст. **1.** *Өмір бақи, мәңгілік.* **2.** *Мүлдем, біржола.* **3.** *Шетсіз, шексіз, бітпейтін, басы бар, соңы жоқ.*

**Мәңгі қар.** геогр. *Көпжылдық қар, полярлық және таулы аймақтардың қар сызығынан жоғары орналасқан аудандардағы ерімейтін қар мен мұздың жиынтығы.* **Мәңгі от.** жаңа. ***Мәңгілік алау.*** **Мәңгі өшпес от.** совет. *Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің құрметіне мәңгі жанып тұратын шырақ.* **Мәңгі тоң.** а) геогр. ***Мәңгілік тоң.*** геол. *Бойындағы ылғалы тоңға айналып, берік шегенделген таужыныстар.*

**МӘҢГІ=** ет. *Мәңгіріп дел-сал болу, есеңгіреу.*

**МӘҢГІ-БАҚИ** үст. *Өмір бойы, мәңгілік, өле-өлгенше.*

**МӘҢГІЛЕУ** сын. *Есеңгіреп қалған, нақұрыстау, мәңгүрттеу.*

**МӘҢГІЛІК** зат. *Мәңгі-бақилық, өмірлік. // Мәңгі, өмір-бақи. // Шетсіз, шексіз, соңы, аяғы жоқ.*

**Мәңгілік ақиқат.** филос. *Танымның даму барысында ақиқатты жоққа шығаруға болмайтындығын білдіретін термин.* **Мәңгілік алау**. *Белгілі бір ерлікті еске түсіретін уақиғаға байланысты орнатылған мемориалда, ескерткіштерде күндіз-түні жанып тұратын от.* **Мәңгілік бейнелер.** әдеб. *Белгілі бір заманда қоғамдық ортада қалыптасқан мінез ерекшелігі бар, бойынан жалпы адамзатқа тән қасиеттері танылып, типтік тұлға дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер.* **Мәңгілік қозғалтқыш.** физ. <лат. perpetuum mobile> *Бір қозғалтып жібергеннен кейін сырттан энергия алмай, шексіз уақыт жұмыс істейтін қиялдан туған қозғалтқыш.* **Мәңгілік махаббат**. *Өшпейтін сүйіспеншілік сезім.* **Мәңгілік тоң.** а) геогр. *Жер қыртысының жоғарғы бөлігіндегі таужыныстардың 0°С-тан төмен температурада сууымен сипатталатын, бірнеше жылдан мыңдаған жылдарға үздіксіз жалғасатын және физикалық-географиялық ортаның өзгеруімен бірге өзгеретін табиғат құбылысы.* ә) геол. *Жер бетіне жақын орналасқан, температура мөлшерінің теріс мәнімен сипатталатын, құрамында міндетті түрде мұз түйіршіктері шегенделген таужыныстар қабаты.*

**МӘҢГІЛІККЕ** үст. *Біржолата, мүлдем.*

**Мәңгілікке жөнелтті.** *Соңғы сапарға шығарып салды.* **Мәңгілікке көз жұмды.** *Қайтыс болды, өмірден өтті.*

**МӘҢГІР=** ет. **1.** *Басы зеңіп есеңгіреу, мең-зең болу.* **2.** *Не істерін білмеу, адасу, алжу, ақыл-есінен айырылу.*

**МӘҢГІРТ=** ет. *Есеңгірету, мең-зең күйге түсірту.*

**МӘҢГІРТУ** *Мәңгірт етістігінің қимыл атауы; ақылынан адастыру.*

**МӘҢГІРУ** *Мәңгір етістігінің қимыл атауы.*

**МӘҢГІТ=** ет. *Басын айналдыру, мәңгі ету.*

**МӘҢГІТУ** *Мәңгіт етістігінің қимыл атауы.*

**МӘҢКҮР-НҮҢКІР** [ар. منکر ] зат. сөйл. діни. ***Мүңкір-нәңкір.***

**МӘҢКІЛДЕ=** ет. сөйл. *Маңқ-маңқ ету, маңқылдау.*

**МӘҢКІЛДЕУ** *Мәңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**МӘПЕ** зат. *Ерекше, айрықша бап, күтім.*

**МӘПЕЛЕ=** ет. **1.** *Әлпештеп бағып-қағу, аялау.* **2.** *Күту, баптау.*

**МӘПЕЛЕН=** ет. *Әлпештелу, аяланып бағып-қағылу.*

**МӘПЕЛЕНУ** *Мәпелен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘПЕЛЕС=** ет. *Бағысу, күтісу.*

**МӘПЕЛЕСУ** *Мәпелес етістігінің қимыл атауы.*

**МӘПЕЛЕТ=** ет. *Әлпештету, бағып- қақтыру, қараттыру.*

**МӘПЕЛЕТУ** *Мәпелет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘПЕЛЕУ** *Мәпеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әлпештеу, бағып-қағу.* **2.** *Күту, баптау.*

**МӘПЕЛІ** сын. **1.** *Күтіп-бапталған, аялы.* **2.** *Күтіп-баптайтын, ерекше күтім беретін, аялаушы.*

**МӘПЕСІЗ** сын. *Бағып-қағусыз, бапсыз.*

**МӘПИТ** үст. жерг. *Жайдан-жай, бостан-бос, текten-тек.*

**МӘРҒАЗАП** [ир.ар. میرغضب ]. зат. көне. *Қолшоқпар, нөкер.*

**МЕРҒАУ: мерғау кетті.** *Мүлдем кетті, аулақтады, алыс кетті.*

**МӘРДҮД** [ар. مردود] зат. *Мәңгүрт, малғұн, қарғыс атқан.*

**МӘРЕ**[1] зат. **1.** *Жарыста озып келетін жер; сөре, көмбе.* **2.** *Белгілі бір меже.*

**Мәреге жетті.** *Озып келді.* **Мәре көкпар.** этн. *Екі жақ кең жазықтықы екі шетімен мәрелі жер белгілеп, серкені әр жақ өз мәресіне апарып салатын көкпар түрі.*

**МӘРЕ**[2] зат. *Мәрлі тектес мата.*

**МӘРЕЛЕ=** ет. *Белгілеу, көмбелеу, межелеу.*

**МӘРЕЛІ** сын. **1.** *Мәре қойылған, көмбелі, белгіленген.* **2.** ауыс. *Келісілген, межелі.*

**МӘРЕ-СӘРЕ** үст. *Масайраған, шат-шадыман, мәз-мейрам.*

**Мәре-сәре болды.** *Масайрап қатты қуанды, мәз-мейрам болды.*

**МӘРИДАЛБАЙ** зат. көне. *Баскиім, тымақтың бір түрі.*

**МӘРМӘР** [ир. مرمر] зат. сәулет. <грек. marmaros> **1.** *Мүсіндеме өнері мен сәулет өнері жұмыстарында қолданылатын жылтыр, қымбат тас. // Мәрмәрдан жасалған.* **2.** хим. *Негізгі химиялық құрамы кальций карбонатынан тұратын, құрамындағы қоспалары оған түрлі рең беретін кристалдық тау жынысы.*

**Мәрмәр қырқұрсақ.** зоол. *Амазонка өзенінің орталық және жоғарғы бөлігіндегі орман бұлақтарында, сондай-ақ Гвиана суларында мекендейтін дене тұрқы 4,5 см, майлы қанаты болмайтын, жұзбеқанаттары бар түссіз балық.* **Мәрмәр шүрегей.** зоол. <лат. marmaronetta> *Дене салмағы 400–600 г, аналығы мен аталығы-*

*ның реңдері бірдей, аталығының тұмсығы сұр, аналығынікі қара түсті қаз тәрізділер отрядына жататын өзен үйрегі.*

**МӘРМӘРЛЕ=** ет. *Жылтыр асыл таспен әсемдеу, безендіру.*

**МӘРМӘРЛЕУ** *Мәрмәрле етістігінің қимыл атауы.*

**МӘРМӘРЛІ** сын. *Мәрмәр тастан жасалған.*

**МӘРСИЯ** [ар. مرثية] зат. *Мұңды өлең, жоқтау.*

**МӘРСІЛ** [ар. مرسل] зат. *Дін уағыздаушы.*

**МӘРТ** [ир. مرد] сын. *Дүниенің бетіне қарамайтын, қолы ашық, жомарт, мырза.*

**Мәрт жігіт.** *Қолы ашық, аққөңіл, жомарт, мырза жігіт.* **Мәрт мінез.** *Жомарт мінез.*

**МӘРТЕ** [ир. مرته] үст. *Рет, қайтара.*

**МӘРТЕБЕ**[1] [ар. مرتبة] зат. **1.** *Абырой-атақ, даңқ.* **2.** *Бақ, дәреже, мақтаныш.* **3.** ресми. <лат. status> *Азаматтың немесе заңды тұлғаның құқығы мен міндеттерінің жиынтығы, сондай-ақ қандай да бір нысанның заңды дәрежесі, қоғамдық рөлі, орны мен маңызын белгілейтін құқықтық жағдайы.*

**Мәртебең өссін [артсын].** алғыс. *Абырой-беделің, қадірің арта түссін, дәрежең биік болсын.* **Мәртебесі артты [асты].** *Беделі күшейді, даңқы көтерілді, абыройы артты.* **Мәртебесі биік [жоғары].** *Дәрежесі, даңқы артық, беделді.* **Мәртебесі көтерілді.** а) *Беделі артты, абыройы асты, дәрежесі өсті.* ә) *Масаттанды, мақтанды.* **Мәртебесі өсті.** *Қуанды, риза болды, көңілденді.*

**МӘРТЕБЕ**[2] үст. сөйл. ***Мәрте.***

**МӘРТЕБЕЛЕ=** ет. *Мәртебесін көтеру, мәртебесін арттыру.*

**МӘРТЕБЕЛЕУ** *Мәртебеле етістігінің қимыл атауы.*

**МӘРТЕБЕЛІ** сын. **1.** *Мерейі үстем, құрметті, абыройлы.* **2.** *Дәрежесі жоғары, белгілі бір мәртебесі бар.* **3.** *Қадірлі, сыйлы.*

**МӘРТЕБЕЛІМ** зат. *Атақ-дәрежесі өзінен жоғары, лауазымды тұлғаға құрметтеу мағынасында қолданылатын қаратпа.*

**МӘРТЕБЕЛІЛІК** зат. **1.** *Абыройлылық, дәрежелілік.* **2.** *Сыйлылық, қадірлілік.*

**МӘРТТІК** зат. *Жомарттық, мырзалық, қолы ашықтық.*

**МӘРХАМАТ** зат. ескі кіт. ***Мархабат.***

**МӘРХАМАТТЫ** сын. ескі кіт. *Мархабатты.*

**МӘСЕЛЕ** [ар. مسالة] зат. **1.** *Өз шешімін керек ететін іс, міндет.* **2.** мат. *Математикалық есеп.* **3.** сөйл. *Мысал, әңгіме.*

**Мәселе көтерді.** а) *Бір істі қозғады, қолға алды, жүргізді.* ә) *Ұсыныс жасады, талап-тілегін ортаға салды, мәселе қойды.* **Мәселе қою.** *Бір істі көпшіліктің талқысына салу.* **Мәселе қылды.** *Істі, жұмысты көпшіліктің талқысына салды, көтерді.* **Мәселені бүйірінен [бүйірден] қойды.** *Үзілді-кесілді төтесінен қойды.* **Мәселені пісіру.** *Мәселені келісіп алу, тиянақтау, нақтылау.*

**МӘСЕЛЕЛІК** сын. *Мәселе болатын, мәселеге қатысты.*

**Мәселелік сұрақ.** пед. *Оқушыны танымдық әрекетке тарту мақсатында қойылатын сұрақ.* **Мәселелік тапсырма.** пед. *Оқушыны күрделі танымдық-ізденістік іс-әрекетке жұмылдыру мақсатында берілетін тапсырма.*

**МӘСЕЛЕН** [ар. مثلا] мод. *Айтылған ойды мысалдар арқылы түсіндіру, дәлелдеу үшін қолданылатын қыстырма сөз; мысалы.*

**МӘСЕЛЕНКИ** мод. сөйл. ***Мәселен.***

**МӘСЖАД** [ар. مسجد] зат. діни. *Мешіт.*

**МӘСЖІД** [ар. مسجد] зат. діни. *Ғибадатхана, мешіт.*

**МӘСЛИҚАТ** зат. сөйл. ***Мәслихат*** *(ақыл, кеңес).*

**Мәслиқат қылды.** *Ақылдасты, кеңесті.*

**МӘСЛИХАТ**[1] [ар. مصلحة] зат. **1.** *Ақыл, кеңес.* **2.** *Белгілі бір мәселені бірлесіп отырып шешетін кеңес, мәжіліс.* **3.** этн. *Өліктің қонағасын өткізу туралы кеңес.*

**Мәслихат құрды.** *Кеңесті, бас қосып әңгімелесті.* **Мәслихат шертті.** оқказ. *Жағымсыз әңгіме құрды, ақылгөйсіп кеңес бергенсіді.*

**МӘСЛИХАТ**[2] зат. әкімш. *Тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік орган.*

**Мәслихат депутаты.** әкімш. *Жергілікті мемлекеттік басқару органына сайланған халықтың сайланбалы өкілі.*

**МӘСЛИХАТТАС** сын. *Ой-пікірі ұқсас, пікірлес.*

**МӘСЛИХАТТАС=** ет. *Ақылдасып пікірлесу, кеңесу; әңгімелесу.*

**МӘСЛИХАТТАСУ** *Мәслихаттас етістігінің қимыл атауы.*

**МӘСНАУИ** [ар. مثنوى] зат. әдеб. *Араб, парсы, түркі тілді әдебиеттердегі қос тармақты шумақ қолданылатын өлең түрі.*

**МӘССАҒАН** од. *Таңдану мағынасында айтылатын сөз.*

**Мәссаған, безгелдек.** сөйл. экспр. *Бір нәрсеге қатты таңданғанда міне, енді керек болса, міне, саған деген мағынадағы таңырқап айтылатын сөз.*

**МӘСТЕК** зат. **1.** *Бой-тұрқы тапалдау, тегі нашар, кішкене жылқы.* **2.** ауыс. *Аласа бойлы, кішкене, шағын денелі адам.*

**МӘСТЕКТЕЙ** үст. *Мәстек сияқты, мәстек тәрізді.*

**МӘСТЕКШЕ** үст. *Мәстекке ұқсап, мәстек тәрізді.*

**МӘСТЕМІР** зат. жерг. *Шоқты қыстырып алуға арналған темір көсеу, шымшуыр.*

**МӘСТІ** сын. сөйл. *Мәсілі, мәсі киген.*

**МӘСУЕК** [ар. مسواك] зат. **1.** *Хош иісті ағаштан, бұтадан, не сүйектен жонылып жасалатын тісті, тістің етін ысқылайтын құрал, тіс щұқығыш.* **2.** *Шығыс елдерінде тіс ысқышын жасайтын хош иісті өсімдік.*

**МӘСУЛИЯТ** [ар. مسوولية] зат. көне. *Міндет, парыз.*

**МӘСІ** зат. этн. *Жұмсақ былғарыдан етік тәрізді етіп тігілген өкшесіз, қонышты, кебіспен киетін аяқкиім.*

**МӘСІЛІ** сын. *Аяғында мәсісі бар, мәсі киген.*

**МӘСІЛІК** сын. *Мәсі тігуге арналған, мәсіге лайықты.*

**МӘСІСІЗ** сын. *Мәсі кимеген, мәсісі жоқ.*

**МӘСІХ** [ар. مسح] зат. діни. *Дәрет алуда шаштың арасына су салып немесе аяқкиімінің үстінен сулы қолмен сипап жасалатын қимыл ишарат.*

**МӘСІШЕҢ** үст. *Мәсі киген қалпында.*

**МӘТ** [ар. ماد] зат. *Араб дауысты дыбыстарының созылып айтылуын көрсететін белгінің аты, мадда.*

**МӘТБҒҒ** [ар. متبوع] зат. ескі кіт. *Біреудің жетегінде болушы, еруші.*

**МӘТБҰҒАТ** [ар. مطبوعة] зат. ескі кіт. *Баспахана, баспа.*

**МӘТЕК** зат. *Төбеден не шекеден шертіп алатын ұпай; тайтұқыр.*

**МӘТЕЛ** зат. **1.** *Тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз.* **2.** әдеб. *Халық поэзиясының ықшамды нақыл сөз үлгісіндегі келетін жанрлық түрі, кестелі сөз.*

**МӘТЕЛДЕ=** ет. *Мәтел қосып, мақалдап, мәнерлеп сөйлеу.*

**МӘТЕЛДЕТ=** ет. *Айшықтап, мақалдатып сөйлеу.*

**МӘТЕЛДЕТУ** *Мәтелдет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘТЕЛДЕУ** *Мәтелде етістігінің қимыл атауы.*

**МӘТКЕ**[1] зат. жерг. *Үйдің төбесін жабуда көлденеңінен салынатын арқалық; белағаш.*

**МӘТКЕ**[2] зат. ойын. *Бетінде әйел суреті бейнеленген ойын картасының қағазы.*

**МӘТКЕЛІК** зат. *Арқалық боларлық ағаш, бел ағаштық.*

**МӘТҚАЙЫР** зат. жерг. *Жүгерінің қатты түрі.*

**МӘТӨК** сын. сөйл. *Кербез, сәнқой.*

**МӘТӨКТІК** зат. сөйл. *Кербездік, сәнқойлық.*

**МӘТТАҚАМ** сын. жерг. *Өз ісіне жинақы, ұқыпты (адам).*

**МӘТІБИ** зат. *Би, қожа; басым, үстем.*

**МӘТІБИЛЕУ** сын. *Басымдау, үстемдеу; қожалау, биірек.*

**МӘТІН** [ар. متن] зат. <лат. textum> **1.** *Бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің, сөздердің тізбегі.* **2.** *Баспаға шығаруға арналған, сурет, сызбаларсыз пішімді немесе бастапқы түрдегі бедербелгілік мәліметтер бөлшегі, ақпарат бөлігі, жазбасы.* **3.** лингв. *Тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі түріндегі сөйлемнен үлкен лингвистикалық бірлік.* **4.** *Хабардың алмастыру хаттамасының ерекшеліктерімен байланысы жоқ ақпарат бөлігі.* **5.** инф. <ағыл. text> *Бастапқы бағдарламаның жазбасы, объектілік немесе жүктемеленетін модульдің бөлігі.*

**Мәтіндерді өңдеу.** инф. <ағыл. text processing> *Дербес компьютердегі мәтіндерге символдық мәліметтер енгізу, редакциялау, желімдеу.* **Мәтін лингвистикасы.** <лат. lingua – тіл, textum – мәтін> лингв. *Мәтіннің өзіне тән болмысы, ерекшелігі, объективті болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің тілдік түзу ерекшелігі, оны қабылдау сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. қарастыратын қазіргі тіл білімінің саласы.* **Мәтін теориясы.** <лат. lingua – тіл, грек. teheoria – зерттеу> лингв. *XX ғасырдың екінші жартысында мәтіндік ілім, мәтін лингвистикасы, поэтика, риторика, прагматика, семиотика, герменевтиканың түйісуінен пайда болған филологиялық пән.* **Мәтін тұтты.** *Басшылыққа алды, ұстанды.*

**МӘТІНДІК** сын. *Мәтінге қатысты.*

**Мәтіндік құжат.** *Құрамында түсініктеме қағаз, есептеулер, сипаттізім, кестелер т.б. қағаздары бар құрылымдық құжаттардың бөлігі.*

**Мәтіндік сөз.** <ағыл. character literal> *Кез келген графикалық немесе кодтық жинақтағы басқару элементтерінен тұратын сөз.*

**МӘТІНСӨЗДІК** зат. лингв. <лат. glossarium> *Мәтіндегі беймәлімдеу, көне сөздерге түсінік беретін сөздік.*

**МӘТІНТАНУ** зат. лингв. *Филология ғылымының әдеби мұралар мен тарихи құжаттардың мәтіндерін анықтайтын, оларға түсініктеме беріп зерттейтін саласы.*

**МӘУ: мәу демеді [деген жоқ].** *Үндемеді, жауап бермеді.*

**МӘУЕ** [ир. میوه] зат. **1.** *Неше түрлі жеміс-жидек; миуа.* **2.** ауыс. *Еңбек нәтижесі, жемісі.*

**МӘУЕЛЕ=** ет. **1.** *Қаулап өсіп, жеміс беру, толысып пісу.* **2.** *Жүзімді, алманы жерге түсірмей, арнаулы ағашпен ептеп алу; жүзімді жіпке тізіп кептіру.*

**МӘУЕЛЕН=** ет. *Жан-жақты толысып өсу.*

**МӘУЕЛЕНУ** *Мәуелен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘУЕЛЕТ=** ет. *Толыстыру, қаулатып өсіру.*

**МӘУЕЛЕТУ** *Мәуелет етістігінің қимыл атауы.*

**МӘУЕЛЕУ** *Мәуеле етістігінің қимыл атауы; қаулап өсу, толысып пісу.*

**МӘУЕЛІ** сын. **1.** *Жемісті-жидекті, миуалы (бақ).* **2.** ауыс. *Нәтижелі, табысты, жемісті.*

**МӘУЕСІЗ** сын. *Жидегі жоқ, жемісcіз, өнімсіз.*

**МӘУЕТЕК** зат. *Бетінен қақпай, еркелетіп өсірген қыз бала, бойжеткен.*

**МӘУЛЕН**[1] [ар.مولى] зат. діни. **1.** *Жарылқағыш, есіркегіш деген мағынаны білдіретін Алла тағаланың қасиетті есімінің бірі.* **2.** ауыс. *Ие, қожа.*

**МӘУЛЕН**[2] зат. *Мысықтың баласы, кұшігі.*

**МӘУЛЕТ** [ар.مهلة] зат. *Белгілі бір істі, тапсырманы орындауға берілген пұрсат, мүмкіндік; уақыт, мерзім.*

**Мәулет алды.** *Мүмкіндік алды, мұрсат берілді.* **Мәулет берді.** *Уақыт берді, мүмкіндік жасады; мұрша берді.*

**МӘУЛЕТІНДЕ** үст. *Мерзімінде, тұсында, шамасында.*

**МӘУЛИ** зат. сөйл. ***Мәулен***[1].

**МӘУЛІТ** [ар. مولد] зат. діни. *Рәббіл әуел айының 12-күніндегі мұсылман қауымы атап өтетін, мереке саналатын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туған күні.*

**Мәуліт айы.** діни. *Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) туған күні аталып өтетін ай.* **Мәуліт күні.** миф. *Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) туған күні.*

**МӘУРЕТ** зат. сөйл. ***Мәуріт.***

**МӘУРІТ** [ар.مورد] зат. **1.** *Белгілі бір уақыт, кезең, мезгіл.* **2.** *Дәурен, шақ.*

**МӘУТИ** зат. сөйл. *Тайтұқыр, мәтек.*

**МӘУІЛДЕ=** ет. сөйл. ***Мияула.***

**МӘУІТ** зат. сөйл. ***Мауыт.***

**МӘФСАД** [ар. ممفسد] зат. діни. *Ислам дініндегі ғибадатты бұзатын нәрсе.*

**МӘҺІР** [ар. مهر] зат. діни. *Мұсылмандық дәстүр бойынша ер адамның қалыңдығын аларда мүліктей, заттай беруге міндетті дүниесі; қалыңмал.*

**МӘШ**[1] зат. өс. *Арғы тегі Иран мен Орта Азиядан тараған, дәні домалақ, тарыдан үлкен бұршақ тұқымдас бір жылдық екпе дақыл.*

**МӘШ**[2] сын. **1.** *Дәл, тура, нақ.* **2.** ауыс. *Шебер, епті.*

**МӘШИНЕ** [лат. machina] зат. тех. **1.** *Іштен жану қозғалтқыштары арқылы механикалық қозғалыс жасап, адам, жүк тасымалдаумен қатар әртүрлі басқа да (шөп шабу, ауылшаруашылық өнімін жинау) сияқты жұмыстарға арналған көліктердің жалпы аты.* **2.** *Адам, жүк тасуға арналған автокөлік, қатынас құралы.* **3.** тех. *Адам еңбегін алмастыруға арналған әртүрлі өндіріс орындарында қолданылатын күрделі операциялар атқаратын техникалық құрал, механизм.*

**Мәшине ине.** тоқыма. *Іс тігетін мәшинелердің жартылай автоматты және т.б. түрлерінде қолданылатын, ұшындағы көзінен жіп өткізілетін бір бөлшегі.* **Мәшинемен кестелеу.** *Тігін мәшинесі арқылы кесте салу.*

**МӘШКҮЛ** [ар. مشغول] зат. *IБелгілі бір іспен шұғылданушы.*

**МӘШТІ** [гол. mast] зат. жерг. *Кеме де желкенді бекітуге арналған биік бағана, діңгек.*

**МӘШҺҮР** [ар. مشهور] сын. *Аты, даңқы әйгілі, белгілі.*

**Мәшһүр болды.** *Атағы жайылды, аты әйгілі болды.* **Мәшһүр етті**. *Атағын шығарды, әйгілі қылды.*

**МӘШҺҮРЛЕН=** ет. *Әйгілену, белгілі болу.*

**МӘШҺҮРЛЕНДІР=** ет. *Атағын жайдыру, әйгілендіру.*

**МӘШҺҮРЛЕНДІРУ** *Мәшһүрлендір етістігінің қимыл атауы.*

**МӘШҺҮРЛЕНУ** *Мәшһүрлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӘШҺҮРЛІК** зат. *Көпке белгілілік, танымалдық.*

**МӘШҺҮТ** сын. ескі кіт. *Бейім, икемді.*

**МӘШІ** зат. *Есектің ұрғашысы.*

**МӘШІРАП** [ар. مشرب] зат. *Ішкілік ішетін орын.*

**МЕ** шыл. *Ма демеулігінің жіңішке түрі.*

**МЕБЕЛЬ** зат. ***Жиһаз.***

**МЕБЕЛЬШІ** зат. ***Жиһазшы*** *(жиһаз жасаушы адам).*

**МЕГА ...**[грек. megas] **1.** терм. *Күрделі сөздердің «үлкен», «ірі» деген мағына үстейтін құрам бөлігі.* **2.** мат. *Бастапқы бірлікті $10^6$ есе арттыруды көрсететін өлшеу бірліктері атының алғашқы бөлігін білдіретін сөз.*

**МЕГАБАЙТ** [ағыл. megabyte] зат. инф. *Компьютер жады сыйымдылығының өлшем бірлігі.*

**МЕГАГЕРЦ** зат. физ. *Тербеліс жиілігін көрсететін өлшеу бірлігі.*

**МЕГАЖОБА** зат. *Белгілі бір мақсатты, істі жүзеге асыру үшін жасаған ауқымды, көлемді жоспар, кең көлемді нұсқа.*

**МЕГАКЛАСТАР** зат. геол. *Ішінара шөгінді таужыныстар қабаттарында ұшырасатын таужыныстардың әр түрлі мөлшердегі ірі кесектері (малтатастар, жақпартастар және блоктар).*

**МЕГАҚОҒАМ** зат. қоғ. *Қоғамдық тұрмыстың жаңа сапасы әлеуметтік-саяси ұйымның дәстүрлі түрін ұстанумен бүркемеленетін жаһанданудың алғашқы сатысын анықтайтын жаһандық қауымдастықтың түрі.*

**МЕГАЛАПОЛИС** [грек. megalu – үлкен, polis – қала] зат. ***Мегаполис.***

**МЕГАЛИТ** зат. көркемөнер. *Төменгі бөлігі жерге көмілген зор салмақты қарапайым тас.*

**МЕГАНТРОПУС** зат. *1930 жылдары Австралияның Басарст қаласының маңайында қазан шұңқырларды қазу барысында табылған алып адамның аяғы.*

**МЕГАПИР** зат. хим. *Темірдің хромаль типті қорытпаларға ұқсас хроммен (20-30%) және алюминиймен ыстыққа берік қорытпасы.*

**МЕГАПЛАНКТОН** зат. зоол. *Су ағыны алып кете алмайтын, терең суда тіршілік ететін ірі ағзалар.*

**МЕГАПОЛИС** [грек. megalupolis] зат. қоғ. ***Шаһарстан*** *(көптеген қалалар мен елді мекендердің қосылуы нәтижесінде пайда болатын ірі қоныстану аймағы).*

**МЕГАОРАЛЫМ** зат. геол. *Жер құрылымдары дамуының нақтылы бетбұрыстарын көрсететін ірі уақыттық өлшем.*

**МЕГАПАРСЕК** зат. физ. *Миллион парсекке тең ғарыштық қашықтықты өлшеуде қолданылатын бірлік.*

**МЕГАРОН** зат. көркемөнер. *Төбесінде түтін шығатын тесігі, алдыңғы фасад портигін көтеріп тұрған бағаналары бар Ежелгі Грекиядағы ғимарат типі.*

**МЕГАСКОП** [грек. megas – үлкен, skopeo – қараймын, бақылаймын] зат. *Ұсақ бағалы тастарды қарауға арналған оптикалық құрал.*

**МЕГАТЕРИАЛАР** [грек. megatherium] зат. *Жойылып кеткен мүкітістілер отрядының туысы.*

**МЕГАТОННА** [грек. megos – үлкен, франц. tonne – тонна] зат. әск. *1000000 тонна тротилге тең ядролық қару қуатының өлшем бірлігі.*

**МЕГАФОН** [грек. megos – үлкен, франц. phone – дауыс, дыбыс] зат. *Дауысты зорайтып, күшейтіп естірту үшін ауызға тақап сөйлеуге пайдаланылатын конус пішінді түтік, рупор.*

**МЕГАФОРМАЦИЯЛАР** зат. геол. *Геотектоникалық режім белгілері не уақыт пен кеңістіктегі даму ерекшеліктері ортақ бір ғана ірі геологиялық құрылым өңірінде қалыптасқан, астасу сипаттары ұқсас бірнеше геологиялық формациялардың парагендік бірлестігі.*

**МЕГА-ХИТ** зат. *Ең көп танымалдылыққа ие хит.*

**МЕГДЕ=** ет. сөйл. ***Меңде.***

**МЕГДЕТ=** ет. сөйл. *Меңдету, қалжырату.*

**МЕГДЕТУ** *Мегдет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕГДЕУ** *Мегде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕГЕЖІН** зат. *Шошқаның ұрғашысы.*

**МЕГЗЕ=** ет. сөйл. ***Меңзе*** *(сілтеу, нұсқау, бағыттау).*

**МЕГЗЕС** үст. *Сияқты, тәрізді, ұқсас.*

**МЕГЗЕТ=** ет. сөйл. ***Меңзет.***

**МЕГЗЕТУ** *Мегзет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕГЗЕУ** зат. әдеб. *Тұтас заттың, нысанның орнына оның бөлшегін атаумен ерекшеленетін сөз көркемдеуіш тәсіл.*

**МЕГЗЕУ** *Мегзе етістігінің қимыл атауы; сілтеу, бағыттау.*

**МЕГОММЕТР** зат. *Өте үлкен кедергіні, көбінесе электр жетегін токтан ажырату, кабель, трансформатор орауы, электр мәшинесінің кернеуі және т.б. өлшеуге арналған құрылғы.*

**МЕДАЛИСТ** зат. **1.** *Мектепті үздік бітіріп, медаль алған оқушы.* **2.** спорт. *Белгілі бір спорт түрі бойынша жарыста жеңіске жетіп, медаль иеленген спортшы.*

**МЕДАЛЬ** [франц. medaille] зат. *Беті түрлі суреттермен, жазулармен бейнеленіп, металдан дөңгелек, ромб түрінде істелетін, әскери немесе мемлекеттік қызметтегі, ғылым мен мәдениеттегі жетістіктерді марапаттау үшін берілетін белгі.*

**МЕДАЛЬОН** [франц. medaillon] зат. *Салынған адамның портреті не бір нәрсенің суреті бар, сопақша я дөңгелек келген, мойынға тағып жүретін асыл бұйымды кішкене қорап.*

**МЕДАЛЬСІЗ** сын. *Медалі жоқ.*

**МЕДБИБІ** зат. сөйл. ***Медбике.***

**МЕДБИКЕ** зат. мед. *Емдеу орталығындағы орта дәрежелі білімі бар кіші медициналық маман.*

**МЕДЕТ** [ар.مدد] зат. *Көңіл-күйге арқау, сүйеу боларлық күш, қуат; демеу.*

**Медет берді.** *Рухтандырды, шабыттандырды, демеді.* **Медет бере көр!** тілек. *Қуат бер, жәрдемші бол, деме.* **Медет болды.** *Көмек болды, сүйеніш болды.* **Медет етті [қылды].** *Арқа тұтты, сүйеніш көрді.* **Медет көрді [тұтты, санады].** *Сүйеніш көрді, тірек, демеу етті.* **Медет сұрады [күтті, тіледі].** *Сүйеніш тіледі, жәрдем сұрады.*

**МЕДЕТКЕР** [ар.ир.مددگر] зат. *Демеуші, жәрдем беруші.*

**МЕДЕУ** з а т. *Үміт етерлік сүйеніш, тірек боларлық таяныш.*

**Медеу болды.** *Сүйеніш, тірек болды.* **Медеу көрді [тұтты].** *Көңілге қуат, демеу санады.* **Медеу қылды [етті].** *Сүйеніш, тірек қылды, арқа тұтты, көңілге тоқ санады.*

**МЕДЕУЛІК** з а т. *Сүйеніш етерлік, тірек боларлық, таяныш тұтарлық.*

**МЕДИА...** [ағыл. media] *Күрделі сөздердің бұқаралық ақпарат құралдарына қатыстылығын көрсететін құрам бөлігі.*

**МЕДИА-ИНДУСТРИЯ** з а т. *Бұқаралық ақпарат құралдары өнеркәсібі.*

**МЕДИАКЕҢІСТІК** з а т. қ о ғ.-с а я с и. *Бұқаралық ақпарат құралдарының бүкіл таралу аумағы.*

**МЕДИАҚҰРЫЛЫМ** з а т. қ о ғ.-с а я с и. *Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты бірнеше бағыныщты орындардан, мекемелерден, т.б. тұратын жүйе.*

**МЕДИА-МЕНЕДЖЕР** з а т. *Бұқаралық ақпарат құралдары ұйымдарындағы басқарушы қызметкер.*

**МЕДИАН** в е т. з а т. *Бедеу, тумайтын, төлдеу мүмкіндігі жоқ мал.*

**МЕДИАНА** [лат. mediana] з а т. г е о м. *Үш бұрыштың бір бұрышының төбесін оған қарсы жатқан қабырғасының ортасымен қосатын кесінді.*

**МЕДИАСАРАПШЫ** з а т. қ о ғ.-с а я с и. ж а ң а. *Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сарапшы, сараптаушы.*

**МЕДИАТЕКА** з а т. *Аудио-визуалды құралдарды жинау, оларды сақтау және пайдалануға беру міндеттеріне кіретін қызмет орны.*

**МЕДИАТОР** [лат. mediator] з а т. м у з. **1.** *Ішекті аспаптарды ойнағанда пайдаланылатын мүйізден не пластмассадан жасалған құрал.* **2.** *Біреудің немесе бір нәрселердің ортасында аралық қызмет атқарушы.*

**МЕДИА-ФОРУМ** [ағыл. media, лат. forum – алаң] з а т. ж а ң а. *Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты ұйым өкілдерінің үлкен басқосуы.*

**МЕДИЕВИСТ** з а т. *Медиавистика бойынша маман, тарихшы.*

**МЕДИЕВИСТИКА** [лат. medius – орта, aevum – ғасыр, дәуір] з а т. *Еуропаның орта ғасырлар тарихын зерттейтін ғылым саласы.*

**МЕДИЕН** з а т. *Ұшы-қиыры жоқ елсіз, құлазыған жапан дала.*

**МЕДИК** з а т. с ө й л. *Медицина маманы, дәрігер.*

**МЕДИКАМЕНТ** [лат. medicamentum] з а т. ф а р м. ***Дәрі-дәрмек.***

**МЕДИНАЛ** *Медицинада ұйықтататын, тыныштандыратын дәрі ретінде қолданылатын C8H11O3N2Na - 5,5-диэтилбарбитур қышқылының натрий тұзы; түссіз кристалдар.*

**МЕДИО** [лат. medius] з а т. э к о н. *Биржалық мәмілені орындаудың айдың ортасына тура келетін мерзімі.*

**МЕДИТАЦИЯ** [лат. meditatio] з а т. *Адамның психикасын тереңге жұмылдыруға, өзінің ішкі әлеміне үңілуге бағытталған ой-әрекет.*

**МЕДИЦИНА** [лат. medicina] з а т. *Түрлі аурулардың алдын алу, кеселді анықтау, оны емдеуге, адамның денсаулығының нығаюына және оны сақтап қалуына бағытталған практикалық іс-әрекет және ғылым жүйесі.*

**МЕДИЦИНАЛЫҚ** с ы н. **1.** *Медицинаға қатысты, медицинамен байланысты.* **2.** *Дәрілік, емдік.*

**Медициналық барлау.** ә с к. *Әскери-медициналық қызметтің әскерлердің ұрыс қимылдары аудандарында жеке құрамның денсаулығына әсер ететін факторларды, әскерлердің санитариялық жағдайын, медициналық қамтамасыз етілуін анықтау мақсатында жүргізетін шаралары.* **Медициналық генетика.** м е д. *Тұқым қуалайтын аурулар, олардан сақтану, оларды анықтау және емдеу туралы ғылым саласы.* **Медициналық география**. м е д. *Адамның әртүрлі аурулары мен патологиялық жағдайларының географиялық таралуын, олардың себептерін, географиялық ортаның адамның денсаулығына тигізетін әсерін зерттейтін ғылым саласы.* **Медициналық қызмет.** ә с к. *Медицина мекемелері мен денсаулық сақтау органдары негізінде жасалатын қызмет түрі.* **Медициналық психология.** п с и х о л. *Гигиенаның, профилактиканың, диагностиканың, ауруларды емдеудің, сараптау мен реабилитацияның психологиялық аспектілерін қамтитын психология саласы.* **Медициналық пункт.** ә с к. *Әскери бөлімнің медициналық қызмет бөлімшесі.* **Медициналық радиология**. м е д. *Иондану сәуленің медициналық қолданылуын зерттейтін ғылым саласы.* **Медициналық эвакуация.** ә с к. *Жаралылар мен ауруларды ұрыс даласынан, ұрыс қимылдары ауданынан не терең тылдан емдеу мекемелеріне ұйымдасқан түрде тасымалдау.*

**МЕДПУНКТ** з а т. м е д. *Дәрігерлік көмек көрсететін кішігірім емхана.*

**МЕДРЕСЕ** [ар. مدرسة] з а т. д і н и. *Мұсылман елдеріндегі IX ғасырдан бастап діни қызметкерлер, мұғалімдер, сондай-ақ Таяу және Орта Шығыс елдерінде мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын, орта немесе жоғары білім беретін мектеп.*

**Медресе көрген.** *Мұсылманша білім алған, оқыған; діни білімі бар, көзі ашық, білімді.*

**МЕДРЕСЕЛІК** сын. *Медресеге қатысты, соған тән.*

**МЕДУЗА** [грек. medusa] з а т. з о о л. *Ішекқуыстылар тобына (өкіліне) жататын жұмсақ денелі теңіз жәндігі.*

**МЕДІН** з а т. *Өте құрғап, иленіп қалған саз.*

**МЕЖЕ** з а т. *Мөлшер, шама; шек.*

**Меже қылды**. *Белгілеу, белгі қойды.*

**МЕЖЕЛЕ=** е т. **1.** *Мөлшерлеу, шамалау.* **2.** *Шек қою, белгілеу.*

**МЕЖЕЛЕН=** е т. *Мөлшерлену, шектелу.*

**МЕЖЕЛЕНУ** *Межелен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЖЕЛЕС=** е т. *Мөлшерлесіп келісу.*

**МЕЖЕЛЕСУ** *Межелес етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЖЕЛЕУ** *Межеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мөлшерлеу, шамалау.* **2.** *Белгі қою.*

**МЕЖЕЛЕУШІ** з а т. *Шамалаушы, мөлшерлеуші, бағдарлаушы кісі.*

**МЕЖЕЛІ** с ы н. *Алдын ала белгіленген, мөлшерлі, шамалы.*

**Межелі жер.** *Нысанаға алынған, алдын ала белгіленген жер.*

**МЕЖЕЛІК** с ы н. *Болжалды болған, мөлшерлік.*

**МЕЖЕСІЗ** с ы н. *Межесі жоқ, шексіз.*

**МЕЗ: Мез аударды**. ж е р г. *Көңіл (назар) аударды.*

**МЕЗАГЛЕЯ** з а т. *Губка және ішекқуыстылар типінің денесінің сыртқы және ішкі жасушалы қабаттары аралығына орналасқан құралымсыз қоймалжың зат.*

**МЕЗАСОМА** з а т. б и о л. *Нуклеидпен байланысты цитоплазмалық мембрананың туындысы болып саналатын, жартылай қызмет атқаратын бактериялар жасушаларының құрылым бөліктері.*

**МЕЗГА** з а т. а у ы л ш а р. *Крахмал өндірісінің мал азығы ретінде пайдаланылатын қалдығы.*

**МЕЗГЕ=** е т. с ө й л. ***Меңзе*** *(бір нәрсені нұсқап көрсету, бір бағытқа сілтеу).*

**МЕЗГЕС=** е т. с ө й л. ***Меңзес***.

**МЕЗГЕСУ** с ө й л. *Мезгес етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗГЕТ=** е т. с ө й л. ***Меңзет***.

**МЕЗГЕТУ** с ө й л. *Мезгет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗГЕУ** с ө й л. *Мезге етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗГІЛ** з а т. **1.** *Күннің, айдың, жылдың белгілі бір кезеңіне сай келетін кез, уақыт, мерзім.* **2.** *Құжаттың құрастырылған, қол қойылған, күшіне енген мерзімін көрсететін күні, айы, жылы.*

**Мезгіл бағыныңқы сабақтас [сөйлем].** л и н г в. *Басыңқыдағы оқиғаның я етістіктен болған мүшенің (баяндауыштың) мезгілін білдіретін бағыныңқы құрмалас сөйлем.* **Мезгіл жетті [келді]**. *Уақыты келді, сәті туды.* **Мезгіл пысықтауыш.** л и н г в. *Баяндауыш қызметіндегі етістіктің шақтық мағынасын дәлдеп, оның қашан, қай мезгілде болған қимыл процесі екенін білдіретін пысықтауыш.* **Мезгіл үстеу.** л и н г в. *Қимылдың жалпы мерзімін я дәл уақытын, мезгілін білдіретін, қашан? қашаннан? сияқты сұрақтарға жауап беретін үстеудің түрі.*

**МЕЗГІЛ: айт мезгіл.** *Науқас жан тәсілім етер алдында фәни мен бақи алдында жатып, ес-түсінен айрылатын соңғы демінің аяқталар сәті жеткен шақ.*

**МЕЗГІЛДЕ=** е т. *Мезгілге бөлу, кезеңдестіру.*

**МЕЗГІЛДЕ=** е т. *Уақытты есептеу, мезгілін шығару.*

**МЕЗГІЛДЕУ** *Мезгілде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗГІЛДЕУ** *Мезгілде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗГІЛ-МЕЗГІЛ** ү с т. *Ауық-ауық, арасында.*

**МЕЗГІЛІМЕН** ү с т. *Уақытында, дер кезінде.*

**МЕЗГІЛДЕС** с ы н. *Бір мерзімге тән, бір уақытқа қатысты.*

**Мезгілдес салалас құрмалас сөйлем.** л и н г в. *Құрамындағы жай сөйлемдерде суреттелген оқиға бір мерзімге, бір кезеңге тән болып келетін құрмалас сөйлемнің түрі.*

**МЕЗГІЛДІ** с ы н. *Мерзімді, белгілі мөлшерлі.*

**МЕЗГІЛДІК** с ы н. *Белгілі бір мезгілге тән, уақытқа сай, соған қатысты.*

**Мезгілдік жер.** е г і н ш а р. *Көлденең 5, ұзыны 50 таяқ жыртылған жер.*

**МЕЗГІЛ-МЕЗГІЛ** ү с т. *Жиі-жиі, ауық-ауық, дембіл-дембіл, бір уақ.*

**МЕЗГІЛСІЗ** с ы н. **1.** *Күтпеген кезде, бейуақыт, мерзімсіз.* **2.** *Уақытынан бұрын, уақытынан ерте.*

**МЕЗГІЛСІЗ-ДАМЫЛСЫЗ** с ы н. *Мезгілі келмей жатып, толассыз, демалыссыз.*

**МЕЗГІЛСІЗДЕУ** с ы н. *Мерзімге сай еместеу, ыңғайсыздау, жағдайсыздау.*

**МЕЗГІЛСІЗДІК** з а т. *Ыңғайсыздық, қолайсыздық, мерзімсіздік.*

**МЕЗГІТ=** е т. с ө й л. ***Меңдет***.

**МЕЗЕ=** е т. с ө й л. ***Меңзе***.

**МЕЗЕП** з а т. к ө н е. *Рет, тәртіп.*

**МЕЗЕР** з а т. с ө й л. ***Мезет***.

**МЕЗЕРЕТ** з а т. с ө й л. ***Мезірет***.

**МЕЗЕТ**[1] з а т. **1.** *Уақыт аралығындағы бір кез, мезгіл.* **2.** *Қас қағым сәт.*

**МЕЗЕТ**[2] з а т. ж е р г. *Жанданбаған, іштегі бала.*

**МЕЗЕТКЕ** үст. *Бір сәт, бір уақыт.*

**МЕЗЕТСІЗ** сын. *Мезгілсіз, мерзімсіз.*

**МЕЗЕТТЕ** үст. **1.** *Кезде, уақытта, мезгілде, әп-сәтте.* **2.** *Лезде, тез, жылдам.*

**МЕЗЕТТІ** сын. *Белгілі мөлшерлі, мезгілді.*

**МЕЗЕТТІК** сын. *Бір сәттік, әп-сәттік, уақытша.*

**МЕЗИДИН** *Қышқылдық антрахинонды бояғыштар өндірісінде қолданылатын триметиланилин.*

**МЕЗИЛ** зат. хим. *Метансульфоқышқыл қалдығының CH3SO2O қысқаша атауы.*

**МЕЗО...** [грек. mesos] кіт. *Күрделі сөздердің «орта», «орташа», «ортаңғы» деген мағына үстейтін алдыңғы құрам бөлігі.* **1.** *Айналу белгісінің іштей компенсация әсерінен оптикалық белсенді емес бірнеше ассиметрлік орталықтары бар органикалық қосылыстар атауын құрайтын бөлігі.* **2.** *Ортаның тізбегінде орынбасушылары бар тұйық қосылыстар туындыларының атауын құрайтын бөлік.*

**МЕЗОАТОМ** зат. хим. *Бір электроны теріс зарядталған мезонмен алмасқан атом.*

**МЕЗОБЕДЕР** зат. *Макро және микробедері арасына орналасқан жер бедері пішінінің жағдайы, мезорельеф.*

**МЕЗОБЕЛДЕМ** зат. геол. *Метаморфизмнің жоғары дәрежелі температурамен және гидростатикалық қысымымен, бағдарлы қысымның біршама қуатты мөлшерімен сипатталатын ортаңғы белдемі.*

**МЕЗОДЕРМА** [грек. mesos – аралық, derma – тері] зат. биол. *Көп жасушалы жануарлар мен адамның ортаңғы ұрық қабаты.*

**МЕЗОЗАВР** [лат. mesosaurus] зат. биол. *Жойылып кеткен тұщы судағы бауырымен жорғаушылар отряды.*

**МЕЗОЗОЙ** [грек. mesos – аралық, zoe – өмір] зат. геол. *Жер дамуының тарихындағы палеозой мен кайнозой аралығындағы дәуір.*

**Мезозой тобы.** геол. *Жер қыртысына тән таужыныстардың кембрийге шейін қалыптасқан бірлестіктерінен жоғары қарай есептегенде екінші топ.*

**МЕЗОЗОЙЛЫҚ** сын. геол. *Мезозойға тән, мезозойға қатысты.*

**МЕЗОЛИТ** [грек. mesos – аралық, lithos – тас] зат. геог. *Палеолит пен неолит аралығындағы тас дәуіріне жататын жер дамуының кезеңі.*

**МЕЗОМЕРЛЕНУ** зат. хим. *Электрондық тығыздықтың нағыз мәні оны классикалық формулалармен өрнектегендегі мәнінің таралуының арасында жататындай күйде болатын молекуланың немесе ионның ішкі поляризациясының әсерінен туатын құбылыс.*

**МЕЗОН** зат. хим. *Тұрақсыз-элементар бөлшегінің тобы.*

**МЕЗОНЕФРОС** [грек. mesonephros] зат. биол. *Алғашқы бүйрек, вольф денесі – омыртқалы жануарлардың жұп зәр шығару органы.*

**МЕЗОНИН** [итал. mezzanino] зат. *Үйдің төбесіне салынған үйшік.*

**МЕЗОПАУЗА** [мезо... және лат. pausa – тоқталу, үзілу] зат. геогр. *Атмосфераның шамамен 80 км биіктігіндегі қабат аралық бөлігі.*

**МЕЗОСФЕРА** [грек. mesos – ортаңғы, sphaira – шар] зат. *Атмосфераның 50-80 км биіктіктегі ортаңғы қабаты.*

**МЕЗОТЕЛИЙ** [mesothelium, грек. mesos – орташа, theli – кеуделік емізікше] зат. биол. *Сірлі қабықтарды сыртынан қаптап жатқан, бір қабатты бір қатарлы жалпақ эпителий.*

**МЕЗОТРОФТЫҚ** [грек. mesos – орташа, trophe – қорек, коректену] сын. биол. *Суында ағзаларға керекті қоректік заттар орташа мөлшерде болатын көлдер.*

**Мезотрофтық көл.** биол. *Планктон жақсы дамыған, түптік фаунасы жетілген көлдер.*

**МЕЗОФИЛДЕР** зат. *Топырақ пен ауаның орташа ылғалдану жағдайына бейімделіп тіршілік ететін жануарлар түрлері.*

**МЕЗОФИТ: мезофит өсімдіктер.** бот. <грек. mesos – орталық, аралық phiton – өсімдік> *Топырақ пен ауа ылғалдылығы біршама жеткілікті, бірақ шамадан артық емес ортаға бейімделген өсімдіктер.*

**МЕЗОХИМИЯ** зат. хим. *Мезоатомның химиялық өзгеруін зерттейтін химия ғылымының бір саласы.*

**МЕЗІ**: **мезі болды.** *Бірнәрседен, біреуден ығыр болды, ерғашты болды.* **Мезі қылды [етті].** *Бір нәрсе, біреу ығыр қылды, жалықтырды, ерғашты етті.*

**МЕЗІЛЕ=** ет. *Мезі ету, ығыр қылу, жалықтыру.*

**МЕЗІЛЕН=** ет. *Мезі етілу, ығыр қылыну.*

**МЕЗІЛЕНУ** *Мезілен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗІЛЕУ**[1] сын. *Аздап мезіленген, ығырлау.*

**МЕЗІЛЕУ**[2] *Мезіле етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЗІЛЕТ=** ет. *Мезі еткізу, ығырын шығару.*

**МЕЗІРЕТ** зат. *Көңіл білдірудегі ықылас, көңіл аударып, ілтипат көрсету ишараты.*

**Мезірет етті [жасады, қылды].** *Ілтипат көрсеткен болды, көңіл білдіріп, ишара етті.*

**МЕЗІРЕТСІЗ** сын. *Көңіл аудармай, ілтипат көрсетпей, ықылассыз.*

**МЕЙЕР: мейер шытырмақ.** өс. <лат. lepidium meyeri> *Биіктігі 30–40 см, жапырақтары қалың, таспа тәрізді, тұқымынан және вегетативті жолмен көбейтетін өсімдік.*

**МЕЙЛІ** мод. *Не болса, о болсын, жарайды, өзің біл.*

**МЕЙЛІНШЕ** үст. *Мүмкіндігінше, барынша, соншa, тым, өте.*

**МЕЙЛІҢ** мод. *Не істеймін десең де өзің біл, жарайды, құп болады.*

**Мейлің білсін.** *Өзің біл, дегенің болсын.*

**МЕЙМАЛА** зат. жерг. *Ар, абырой.*

**МЕЙМАН** [ир. مهمان] зат. **1.** *Қонақ бола келген адам, үйге келген қонақ.* **2.** *Өзге мемлекеттен келген мәртебелі және ресми тұлға.*

**Мейманды күтті.** *Қонақтың жағдайын жасап, сый-сияпат көрсетті.* **Мейман етті [қылды].** *Құрметтеп сыйлады, қонақ етіп сый-сияпат көрсетті.* **Мейман түсті.** *Үйге қонақ келді, үйге кірді.*

**МЕЙМАНА**: **мейманасы асты [тасыды].** *Көңілі өсіп, масаттанды, асып-тасыды.*

**МЕЙМАНГЕРШІЛІК** зат. *Қонақ күте алушылық, сый көрсетушілік, қонақжайлылық.*

**Меймангершілік жасады.** *Қонақты күтіп, сый-сияпатын көрсетті.*

**МЕЙМАНДА=** ет. *Қонақ болу, қонақтау.*

**МЕЙМАНДАЙ** сын. *Мейман сияқты, мейман тәрізді.*

**МЕЙМАНДАРЛЫҚ** зат. *Меймангершілік, қонақжайлылық.*

**МЕЙМАНДАУ** *Мейманда етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙМАНДОС** сын. *Қонақты жылы жүзбен, кең пейілмен қарсы алатын, қонақжай.*

**МЕЙМАНДОСТЫҚ** зат. *Меймандос болушылық, қонақжайлылық.*

**МЕЙМАНДЫҚ** зат. **1.** *Қонақ болушылық, қонаққа барушылық.* **2.** *Меймангершілік, мейманшылдық.*

**МЕЙМАНЖАЙ** зат. *Үй ішіндегі қонақ күтетін бөлме.*

**МЕЙМАНҚОР** сын. *Қонақжай, меймандос.*

**МЕЙМАНҚОС** сын. *Қонақжай, меймандос.*

**МЕЙМАНҚОСТЫҚ** зат. *Мейманқос болушылық.*

**МЕЙМАНСАРАЙ** зат. көне. *Сарайлы қонақүй, қонақхана, мейманхана.*

**МЕЙМАНСЫ=** ет. *Қонақ екенін көрсету, қонақ болғансу.*

**МЕЙМАНСЫН=** ет. *Мейман болғансу, қонақсыну.*

**МЕЙМАНШЫЛ** сын. *Қонақжай, мейман сыйлағыш, меймандос. // Қонақжайлық, меймандостық мінез.*

**МЕЙМАНШЫЛДЫҚ** зат. *Мейманшыл болушылық.*

**МЕЙМАНХАНА** [ир. مهمانخانه] зат. *Қонақ келіп түсетін үй, қонақүй.*

**МЕЙМЕЧИТ** зат. геол. *Ультранегізді эффузиялық таужыныс.*

**МЕЙМІЛДЕ=** ет. **1.** *Ернеуіне дейін лық толу, шүпілдеу.* **2.** *Мөлт-мөлт ету, мөлтілдеу, мөлдіреу.*

**МЕЙМІЛДЕТ=** ет. *Ернеуіне дейін толтырту, шүпілдету.*

**МЕЙМІЛДЕТУ** *Меймілдет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙМІЛДЕУ** *Меймілде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙНАМДАЙ** сын. сөйл. ***Минамдай.***

**МЕЙОЗ** [грек. meiosis] зат. биол. *Ұрық жасуша ядроларының екі рет бөлінуінің ерекше түрі.*

**МЕЙОЗДЫҚ** сын. биол. *Мейозға тән, мейозға қатысты.*

**МЕЙРАМ** зат. *Салтанатты той-думан, мереке.*

**Мейрам қылды.** *Тойлады, мейрамдады.*

**МЕЙРАМГЕРШІЛІК** зат. *Тойлауға, мерекелеуге құштарлық.*

**МЕЙРАМДА=** ет. *Мейрамға қатысу, тойлау, мерекелеу.*

**МЕЙРАМДАЛ=** ет. *Тойлану, мерекелену.*

**МЕЙРАМДАЛУ** *Мейрамдал етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙРАМДАТ=** ет. *Тойлату, мерекелету.*

**МЕЙРАМДАТУ** *Мейрамдат етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙРАМДАУ** *Мейрамда етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙРАМДЫҚ** сын. **1.** *Мерекелік, салтанатты.* **2.** *Мейрамға арналған.*

**МЕЙРАМКЕШ** сын. *Той-думаншыл, мейрамшыл.*

**МЕЙРАМПАЗДАН=** ет. *Тойлап, мерекелеуге құмарту.*

**МЕЙРАМПАЗДАНУ** *Мейрампаздан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙРАМШЫЛ** сын. *Той-думаншыл, мерекешіл.*

**МЕЙРАМШЫЛДЫҚ** зат. *Мейрамшыл болушылық, мерекешілдік.*

**МЕЙРАМХАНА** зат. *Тамақтанып, уақытты көңілді өткізуге арналған сауық орыны, ресторан.*

**МЕЙТНЕРИЙ** зат. хим. *Периодтық жүйенің VIII тобындағы химиялық элемент.*

**МЕЙІЗ** [ир. مویز] зат. *Кептірілген жүзім.*

**МЕЙІЗДЕЙ** сын. *Мейіз сияқты тәтті, әбден бабына келіп, кепкен.*

**Мейіздей қатқан [қатты жараған].** *Бабына келіп жараған, сүліктей (ат).*

**МЕЙІЗДЕЙІН** сын. поэт. ***Мейіздей.***

**МЕЙІЗДЕН=** ет. *Әбден кеуіп, қатаю.*

**МЕЙІЗДЕНУ** *Мейізден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІЛ** [ар. ميل] з а т. **1.***Ерік, ырық, қалау, ықылас.* **2.** с ө й л. *Мейір, бейіл.*

**Мейілі білсін**. *Еркі білсін, қалауы білсін, өзі білсін.* **Мейілі соқты [тартты]**. *Көңілі, зауқы келді.* **Мейілі шаппады.** *Зауқы соқпады, көңілі болмады.*

**МЕЙІЛДІ** с ы н. с ө й л. *Икемді, бейім, үйір.*

**МЕЙІЛДЕНДІР=** е т. *Ықыластандыру, пейілді ету.*

**МЕЙІЛДЕНДІРУ** *Мейілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІЛІҢ** м о д. с ө й л. ***Мейлің.***

**МЕЙІР** [ир. مهر] з а т. *Ақ пейіл, ынта, ықылас, шапағат.*

**Мейір кетті.** *Пейілі тарылды, қайырым жасамады, жақсылық қылмады.* **Мейірі ашылды.** *Мейірленді, емеренді, ықыласы ауды.* **Мейірі қанды.** а) *Шөлі басылды.* ә) *Көңілі толды, құмарынан шықты.* **Мейірі қатты.** *Мейірімсіз, қатыгез, рақымсыз.* **Мейірін қандырды.** *а) Молынан суғарды.* ә) *Құмарынан шықты, рахаттанды.* **Мейірін төкті.** *Бейілін салды, рақымын аямады, мейірленді.* **Мейірі түсті**. *Ниеті түсіп, ықыласы ауды.*

**МЕЙІРБАН** [ир. مهربان] с ы н. *Рақымы мол, қайырымы мен шапағаты зор. // Рақымды, қайырымды адам.*

**МЕЙІРБАНДЫ** с ы н. *Рақымды, қайырымды, шапағатты.*

**МЕЙІРБАНДЫҚ** з а т. *Мейірбан болушылық, қайырымдылық, қамқорлық.*

**МЕЙІРБАНДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Мейірбандық.***

**МЕЙІРБАНСУ** *Мейірбансы етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРБАНСЫ=** е т. *Өзін мейірімді, шапағатты, қайырымды етіп көрсету.*

**МЕЙІРБАНШЫЛ** с ы н. *Рақымшыл, қайырымшыл, қамқоршыл.*

**МЕЙІРБАНШЫЛЫҚ** з а т. *Рақымшылық, қамқоршылық, қайырымдылық.*

**МЕЙІРБИКЕ** з а т. *Медбике, медбибі.*

**МЕЙІРҚАНДЫ** с ы н. с ө й л. ж е р г. *Мейірімді.*

**МЕЙІРЛЕН=** е т. **1.** *Жақсы көріп, емірену.* **2.** *Ықыласы ауып, көңілі түсу.* **3.** *Мейірі түсу, көңілі толу.*

**МЕЙІРЛЕНДІР=** е т. *Еміренту, мейірге бөлеу.*

**МЕЙІРЛЕНДІРУ** *Мейірлендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРЛЕНТ=** е т. *Еміренту, мейірге бөлеу.*

**МЕЙІРЛЕНТУ** *Мейірлент етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРЛЕНУ** *Мейірлен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРЛІ** с ы н. *Қайырымды, рақымды, шапағатты, мейірімді.*

**МЕЙІРМАН** с ы н. с ө й л. ***Мейірбан.***

**МЕЙІРМАНДЫ** с ы н. с ө й л. ***Мейірбанды.***

**МЕЙІРМАНДЫҚ** з а т. с ө й л. ***Мейірбандық.*** *Мейірман болушылық.*

**МЕЙІРМАНШЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Мейірбаншылық.***

**МЕЙІР-МАХАББАТ** з а т. *Ынта, ықылас, шапағат, сүйіспеншілік.*

**МЕЙІРМЕНДІЛІК** з а т. с ө й л. ***Мейірбандылық.***

**МЕЙІРСІЗ** с ы н. *Еш нәрсеге жаны ашымайтын, рақымсыз, қатыгез.*

**МЕЙІР-ШАПАҒАТ** з а т. *Рақым, қайырым, ықылас-ілтипат.*

**МЕЙІР-ШАПАҒАТСЫЗ** с ы н. *Рақымсыз, қайырымсыз, ықылас-ілтипатсыз.*

**МЕЙІР-ШАПАҒАТТЫ** с ы н. *Рақымды, қайырымды, ықылас-ілтипатты.*

**МЕЙІРІШӨП** з а т. ө с. *Таудың жақпар тастарында өсетін қасиетті шөп.*

**МЕЙІРІМ** з а т. *Қайырымды көңіл, мейірлі пейіл.*

**Мейірім алды.** *Қуаттанды, әлденді, мейірімденді.* **Мейірім жасады.** *Ықыласын көрсетті, қайырымды болды.* **Мейірім танытты.** *Мейірмен қарсы алды, мейірім шашты.* **Мейірімін төкті.** *Көңілі түсті, мейірленді.* **Мейірімі түсті**. *Көңілі түсті, ықыласы ауды, жаны ашыды.*

**МЕЙІРІМДЕН=** е т. **1.** *Іші жылу, жақсы көріп, пейілдену, ықыласы түсу.* **2.** *Жаны ашу, есіркеу, аяу.*

**МЕЙІРІМДЕНУ** *Мейірімден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРІМДІ** с ы н. *Рақымды, қайырымды, мейірлі, мейірбан.*

**МЕЙІРІМДІК** з а т. *Өзгеге деген қайырымдылық, мейірбандық.*

**МЕЙІРІМДІЛЕУ** с ы н. *Қайырымдылау, рақымдылау, мейірбандылау.*

**МЕЙІРІМДІЛІК** з а т. **1.** *Мейірімді болушылық, мейірбандық, қайырымдылық.* **2.** п с и х о л. *Адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі.*

**МЕЙІРІМ-ҚАЙЫРЫМ** з а т *Рақым, қайырым, мейір-шапағат.*

**МЕЙІРІМСІЗ** с ы н. *Жаны ашымайтын рақымсыз, тасбауыр, қайырымсыз.*

**МЕЙІРІМСІЗДЕН=** е т. *Мейірі түспеу, рақымсыз болу, қайырымсыздану, қатыгездену.*

**МЕЙІРІМСІЗДЕНДІР=** е т. *Мейірімсіз еткізу, рақымсыз еткізу.*

**МЕЙІРІМСІЗДЕНДІРУ** *Мейрімсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРІМСІЗДЕНУ** *Мейірімсізден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЙІРІМСІЗДЕУ** с ы н. *Тасбауырлау, рақымсыздау.*

**МЕЙІРІМСІЗДІК** з а т. *Мейірімсіз болушылық, рақымсыздық, қаталдық, қатыгездік, қайырымсыздық.*

**МЕЙІРІМДЕС** с ы н. *Мейіріміне ұқсас.*

**МЕЙІРІМДІРЕК** с ы н. *Қайырымдырақ, мейірбандылау.*

**МЕЙІРІМШІЛ** с ы н. *Мейірбан, қайырымшыл, шапағатты, рақымды.*

**МЕЙІРІМШІЛДІК** з а т. *Мейірімшіл болушылық, мейірбаншылдық, қайырымдылық.*

**МЕЙІРІМШІЛІК** з а т. *Мейірімшіл болушылық, жаны ашығыштық, қайырымдылық.*

**МЕЙІТ** з а т. с ө й л. **1.** ***Мәйіт.*** **2.** ***Бейіт.***

**МЕКАЙІЛ: мекайіл періште.** д і н и. *Адамға ырыздық жеткізуші, несібе таратушы, Алла тағалаға ең жақын төрт періштенің бірі.*

**МЕКЕ**: **меке жүгері**. е г і н ш а р. *Жүгерінің сары түсті, кішкентай, қатты сорты.*

**МЕКЕМ** [ар. محكم] с ы н. с ө й л. *Бекем, мықты, берік, мүлтіксіз.*

**МЕКЕМДІК** з а т. с ө й л. *Қайсарлық, бекемдік, бірбеткейлік.*

**МЕКЕМЕ** [ар. محكمه] з а т. *Белгілі бір жұмыс саласын басқаратын, мәдени-ғылыми қызметпен шұғылданатын қызмет орны.*

**МЕКЕМЕАРАЛЫҚ** с ы н. *Мекеме мен мекеме арасында болатын.*

**МЕКЕМЕЛІ** с ы н. *Мекемесі бар; әдет-ғұрпы, заңы бар.*

**МЕКЕМЕЛІК** с ы н. *Мекемеге қатысты, мекемеге тән.*

**МЕКЕН**[1] [ар. مكان] з а т. **1.** *Қоныстанып орын тепкен жай, қоныс.* **2.** *Халқы бар қоныс, ауыл.* **3.** *Тұрақ, баспана.* **4.** *Құстардың жан-жануарлардың мекендеп, тұрақтаған жері.*

**Мекен алды.** *Мекендеді, жайлады.* **Мекен болды.** *Тұрақ болды.* **Мекен етті [қылды].** *Қоныстанды, орын тепті, орнықты.* **Мекеннен күсті.** *Мекендеген жерінен кетті.* **Мекен пысықтауыш**. л и н г в. *Қимылдың, іс-әрекетінің болу орнын, бағыт-бағдарын, қайдан екенін білдіретін пысықтауыш.* **Мекен таппады.** *Тұрақтамады, тұрлау таппады.* **Мекен тепті**. *Орналасты, орнықты, тұрақтады, қоныстады.* **Мекен үстеу**. л и н г в. *Қимылдың орнын (мекенін), бағытын білдіретін үстеу.*

**МЕКЕН**[2] з а т. ж е р г. *Бидайдың топаны, шөп-шары.*

**МЕКЕНДЕ=** е т. **1.** *Белгілі бір орынды мекен ету, қоныстану, тұрақтану.* **2.** *Тұрақтау, жайлау.*

**МЕКЕНДЕЙ** с ы н. *Мекен сияқты, мекен тәрізді.*

**МЕКЕНДЕН=** е т. *Мекен етілу, қоныстанылу.*

**МЕКЕНДЕНДІР=** е т. *Мекен еткізу, қоныстандыру, тұрақтандыру.*

**МЕКЕНДЕНДІРУ** *Мекендендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕНДЕНУ** *Мекенден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕНДЕС** с ы н. *Мекені бір, қоныстас. // Қоныстас адам.*

**МЕКЕНДЕС=** е т. *Мекен етісу, қоныстанысу.*

**МЕКЕНДЕСТІК** з а т. *Тұрағы, мекені бір болушылық, қоныстастық.*

**МЕКЕНДЕСУ** *Мекендес етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕНДЕТ=** е т. *Мекен еткізу, қоныстат.*

**МЕКЕНДЕТУ** *Мекендет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕНДЕУ** *Мекенде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕНДЕУШІ** з а т. *Белгілі бір орынды мекен етуші, қоныстанушы, тұрақтаушы.*

**МЕКЕНДІ** с ы н. **1.** *Мекен ететін, қоныстанған, тұрақтаған, орын тепкен.* **2.** *Елді мекенді, қонысты (жер).* **3.** *Үй-жайы, баспанасы бар.*

**МЕКЕНДІК** с ы н. *Мекенге тән, мекен боларлық, қоныстық. // Мекен, қоныс.*

**МЕКЕНЖАЙ** з а т. **1.** *Қоныстанған орын, тұрақ, жай.* **2.** *Елді мекен.* **3.** *Салынған ғимарат, құрылыс, үй-жай.*

**МЕКЕНЖҰРТ** з а т. с ө й л. ***Мекенжай.***

**МЕКЕН-ҚОНЫС** з а т. *Тұрақ, мекен.*

**МЕКЕНСІЗ** с ы н. *Тұрақ-жайы, қоныс тепкен жері жоқ; мекенжайсыз.*

**МЕКЕН-ТҰРАҚ** з а т. с ө й л. ***Мекенжай.***

**МЕКЕНШӨП** з а т. ө с. *Астық тұқымдасына жататын жабайы шөп.*

**МЕКЕР**[1] з а т. ж е р г. *Тоқтысында қоздаған қой.*

**МЕКЕР**[2] [ар. ماكر] с ы н. *Қу, залым, айлакер.*

**МЕКЕРЛЕН=** е т. *Неше түрлі амал-айла жасау, қулық-сұмдыққа салыну, қулану.*

**МЕКЕРЛЕНДІР=** е т. *Амал-айла жасату, қулық-сұмдыққа салындыру.*

**МЕКЕРЛЕНДІРУ** *Мекерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕРЛЕНУ** *Мекерлен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕРЛІК** з а т. *Қулық, айлакерлік, залымдық.*

**Мекерлік қылды.** *Арамдық етті, жәдігөйлік істеді.*

**МЕКЕРСУ** *Мекерсі етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕРСІ=** е т. *Қулыққа салынып, амал-айла жасағансу.*

**МЕКЕРСІН=** ет. *Қулық-сұмдыққа салыну, аярсыну.*

**МЕКЕРСІНУ** *Мекерсін етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКЕТТЕР** зат. биол. <ағыл. polygalaceae> *Көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық, ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**МЕКЕТІ** зат. өс. ***Меке жүгері.***

**МЕКЕШ** зат. өс. *Жап-жасыл болып тұратын, сабағы бар, бірақ жапырақтары жоқ өсімдік түрі.*

**МЕКИЕН**[1] [ир. ماکیان] зат. *Тауық тұқымдас құстардың жұмыртқалайтын ұрғашысы.*

**МЕКИЕН**[2] зат. *Елсіз дала, жапан түз.*

**МЕКИЕНДЕЙ** сын. *Мекиен сияқты, мекиен тәрізді.*

**МЕКИЕНШЕ** үст. *Мекиенге ұқсап, мекиен тәрізденіп.*

**МЕККЕ**[1] [ар. مكة] зат. **1.** діни. *Мұхаммед пайғамбар туылған, мұсылмандар құрбан айты болар кезде қажылық сапарға барып қайтатын Мекке қаласының атынан қалыптасқан атау.* **2.** ауыс. *Орталық, бас қосатын жер.*

**МЕКРЕ: мекре қатын.** *Бедеу әйел.*

**МЕКСИДЕМА** зат. мед. *Қалқанша бездің гармоны қанға жеткіліксіз мөлшерде келіп қосылуы салдарынан болатын кілегейлі ісік ауруы.*

**МЕКСИКАЛЫҚ** зат. *Мексиканың негізгі тұрғылықты халқы, ұлт және сол ұлттың өкілі.*

**МЕКСИКАЛЫҚША** үст. *Мексикалыққа ұқсап, мексикалық тәрізді.*

**МЕКТЕП** [ар. مكتب] зат. **1.** *Бастауыш, орталау және орта дәрежелі жалпы білім беретін оқу орны.* **2.** пед. *Жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме; білім беру жүйесінің негізгі буыны.* **3.** *Орта білімнің толық курсы.* **4.** *Бастауыш, орта білім беретін оқу орнының ғимараты.* **5.** ауыс. *Мектеп ұжымы, мұғалімдер.* **6.** ауыс. *Бір нәрсені үйреніп шығатын, үлгі, өнеге, тәжірибе алатын орны.*

**Мектеп ашты [салды].** *Бастауыш, орта білім беретін оқу орнын ашып, бала оқытты.* **Мектеп бағдарламасы**. пед. *Жалпы білім беретін орындардың ерекшеліктеріне қарай дайындалып, оқушыға берілетін білім көлемімен мазмұнын, оқытылатын пәндердің мақсатымен міндеттерін анықтап көрсететін құжат.* **Мектеп бітірді.** *Орта дәрежелі жалпы білім беретін оқу орнын тәмамдады.* **Мектеп бітіруші**. *Орта білім беру орнын оқып, аяқтаушы түлек.* **Мектеп гигиенасы**. *Мектеп оқушыларына, мектептегі білім беру жүйесіне, құрал-жабдықтарына, т.б. қойылатын тазалық, денсаулық сақтау талаптары.* **Мектеп есігін ашты.** *Алғаш рет мектепке барды, оқуға барды.* **Мектеп инновациясы**. пед. *Мектеп басқарудағы маңызды жаңа енгізулер жиынтығы.* **Мектепке барды.** *Мектеп табалдырығын аттады, мектептен білім алмақ болды.* **Мектепке берді.** *Оқытты, оқуға берді.* **Мектеп көрген**. *Жүйелі білім алған, оқыған, көзі ашық.* **Мектептен өтті**. *Білім алды, тәжірибе жинақтады, тәрбие алды.*

**МЕКТЕПАЛДЫ: мектепалды ұйым**. *Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға негізделген ұйым.*

**МЕКТЕПАРАЛЫҚ** сын. *Мектеп пен мектеп арасында болатын.*

**МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ** зат. *Жанында жатақханасы бар жалпы білім беретін мектеп.*

**МЕКТЕП-КОММУНА** зат. тар. совет. *Мектеп-интернат.*

**МЕКТЕП-МЕДРЕСЕ** зат. *Жанында жатақханасы бар, жалпы және діни білім беретін оқу орны.*

**МЕКТЕП-ПАНСИОН** зат. *Мектеп-интернат.*

**МЕКТЕПСІЗ** сын. *Мектептің қатысынсыз, мектебі болмай.*

**МЕКТЕПТАНУ** зат. пед. *Балаларға жалпы оқу әдісін, тиянақты білім беру жағын зерттеу, мұғалімдерді соған даярлау, баулу жайлы педагогика ғылымының саласы.*

**МЕКТЕПТЕС** сын. *Бір мектепте қатар оқыған (оқитын). // Бір мектепте оқитын құрбы-құрдас.*

**МЕКТЕПТЕСТЕЙ** сын. *Мектептес тәрізді, мектептес сияқты.*

**МЕКТЕПТІК** сын. *Мектепке қатысты, мектепке тән.*

**МЕКТЕПІШІЛІК** сын. *Мектептің өзінде ғана болатын.*

**Мектепішілік бақылау**. пед. *Педагогикалық ұжымды басқарудың бір түрі.*

**МЕКІРЕ** зат. сөйл. ***Бекіре.***

**МЕКІРЕДЕЙ** сын. сөйл. *Бекіре сияқты, мекіре тәрізді.*

**МЕКІРЕН=** ет. **1.** *Малдың төліне мейірі түскендегі ыңырануы.* **2.** *Кекіргенге, ыңыранғанға ұқсатып, тамағынан үн шығару.*

**МЕКІРЕНТ=** ет. *Өз төліне мейірін түсіртіп ыңырату.*

**МЕКІРЕНТУ** *Мекірент етістігінің қимыл атауы.*

**МЕКІРЕНУ** *Мекірен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛАДИНИН** зат. мед. *Басқа жара шығып, тазға айналғанда, тері қотырланып немесе алапестеніп кеткен кезде қолданылатын дәрі.*

**МЕЛАНЖ**[1] [франц. melange] зат. **1.** геол. *Таужыныстардың бір-бірімен тектік байланысы жоқ сан түрлі кесектерін біріктіретін брекчиялар алабы.* **2.** *Әр түрден қосқан жіп не мата.* **3.** хим. *Концентрациялы азот пен күкірт қышқылының қоспасы.*

**МЕЛАНЖ**[2] зат. *Жұмыртқаның орнына пайдаланатын қатырған жұмыртқаның қосындысы.*

**МЕЛАНИН** зат. зоол. *Құс қауырсынына қошқыл түс беретін зат.*

**МЕЛАНОЗ** зат. *Қара пигмент меланиннің белгілі бір тканьге шөгуі, жиналуы.*

**МЕЛАНОКРАТТЫ** [грек. melanokratvoyiy] сын. геол. *Магмалық таужыныстарға қатысты қолданылатын, олардың негізінен түсті минералдардан тұратындығын білдіретін анықтауыш.*

**МЕЛАНОМА** [грек. melas, melanos – қара және oma – пайда болған ісікке жалғанатын жалғау] зат. мед. *Денедегі қатерлі ісік.*

**МЕЛАНОЦИТТЕР** [грек. melanocytus] биол. *Тері эпидермисінің негіздік (базальды) қабатында орналасқан өсінділі торшалар.*

**МЕЛАНХОЛИК** [грек. melas (melanos) – қара, choleo – өт] зат. **1.** психол. *Жүйке жүйесінің әлсіз типіне жататын сезімтал, тұйық адам.* **2.** мед. *Уайымға, мұңға берілетін адам.*

**МЕЛАНХОЛИКТІК** сын. психол. *Меланхоликке тән, меланхоликке қатысты.*

**МЕЛАНХОЛИЯ** зат. **1.** мед. *Себепсіз уайымға берілетін ауру, мұңды күй.* **2.** *Мұңдылық, күйректік, уайымшылдық.*

**МЕЛДЕ** зат. *Молдалар киетін ұзын ақ шапан.*

**МЕЛДЕК** зат. көне. *Кеңірдек, тамақ.*

**Мелдек атты**. *Шамадан тыс тойды, ықылық атты.*

**МЕЛДЕКТЕ=** ет. **1.** *Қатты тою, аузы-мұрнынан шыға ішу.* **2.** *Лықа толу.*

**МЕЛДЕКТЕТ=** ет. *Қатты тойдырту, аузы-мұрнынан шығарту.*

**МЕЛДЕКТЕТУ** *Мелдектет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛДЕКТЕУ** *Мелдекте етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛДЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Мелдекте.***

**МЕЛДЕЛІ** сын. *Сопы, молдалардың ақ шапанын киген.*

**МЕЛДЕС=** ет. жерг. *Бәс тігісу.*

**МЕЛДІК** зат. сөйл. ***Мелдек.***

**МЕЛЖЕМ** зат. *Күш, қайрат, қуат.*

**МЕЛЖЕМДЕ=** ет. *Мылжалау, мыжу, езу.*

**МЕЛЖЕМДЕТ=** ет. *Мылжалату, езгілету.*

**МЕЛЖЕМДЕТУ** *Мелжемдет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛЖЕМДЕУ** *Мелжемде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛЖЕМДІ** сын. **1.** саят. *Мықты, қарулы, күшті деген мағынадағы қыран құстың сыны.* **2.** *Қарымды, білекті, күшті (адам туралы).*

**МЕЛИОНДОЗ** [грек. melioidosis] зат. мед. *Адамға жануарлардан жұғатын аса жұқпалы ауру.*

**МЕЛИНИТ** зат. хим. *Күшті жарылғыш заттардың бірі.*

**МЕЛИОРАТИВТІК** сын. сушар. *Жерді суландыруға қатысты.*

**Мелиоративтік гидрогеология.** сушар. *Гидрогеологияның ауылшаруашылығындағы жерді тиімді меңгеру мен гидрогеологиялық жағдайды жақсартудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін саласы.*

**МЕЛИОРАТОР** зат. сушар. *Жерді суландыру жұмысының маманы.*

**МЕЛИОРАТОРЛЫҚ** сын. сушар. *Мелиоратордың жұмысына қатысты.*

**МЕЛИОРАЦИЯ** [лат. melioratio] зат. сушар. *Жерді жақсартуға бағытталған техникалық және шаруашылық-ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы.*

**Мелиорация ғылымы.** *Жерді өңдеп жақсарту ғылымы; гидротехниканың, агротехниканың, агрометеорологияның, шаруашылықты ұйымдастыру және т.б. зерттейтін ғылыми білімдер шоғырланған жинақ.* **Мелиорациядағы бүріккіш.** *Арна бойындағы арамшөптерді химиялық заттар бүркіп құрту үшін қолданылытын құралдар түрі.* **Мелиорация қоры.** *Жер түбірінен немесе азды-көпті жақсартуды қажет ететін, сол жерлерге гидротехникалық мелиорация, химиялық мелиорацияны, агромелиорациялық шаралар және мәдени-техникалық жұмыстар жүргізіліп, ауылшаруашылығында тиімді пайдаланылатын жер көлемі.* **Мелиорацияны жобалау.** *Сушаруашылығы мен мелиорациялық құрылыстар салуға қажетті жобалау-смета құжаттары.* **Мелиорация ықпалын болжау.** *Ғылыми зерттеу негізінде табиғи процестерге мелиорациялық шаралардың тигізетін ықпалын алдын ала болжап білу.*

**МЕЛИОРАЦИЯЛА=** ет. *Жерді суландыру жолымен жақсарту, құнарландыру.*

**МЕЛИОРАЦИЯЛАН=** ет. *Суарылу, су жіберілу.*

**Мелиорацияланатын жерді игеру.** *Мелиорацияланатын жерден жоспарланған өнім алу үшін жүргізілетін инженерлік, агротехникалық және шаруашылық ұйымдастыру шараларының кешені.* **Мелиорацияланатын жерді өңдеу.** *Жер өңдеудің арнаулы жүйесі.*

**МЕЛИОРАЦИЯЛАУ** *Мелиорацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Жерді суландыру жұмысына тән, мелиорацияға қатысты.*

**Мелиорациялық аудандастыру.** *Жерді аудандастыру, табиғи кешендік факторлар арқылы, мелиорацияның қажеттілігін және оның іске асырылу мүмкіндігін анықтау.* **Мелиорациялық география.** геогр. *Табиғи мелиорациялық жүйе мен оның құрамын, табиғи, техникалық, әлеуметтік-экономикалық элементтердің оңтайлы нұсқаларын пайдалану әдістерін зерттейтін қолданбалы география.* **Мелиорациялық гидрогеология.** сушар. *Топырақ құнарлығын арттыруды ауылшаруашылығы дақылдарынан тұрақты мол өнімді алуды қамтамасыз ету мақсатымен гидрогеологиялық жағдайларды жерді мелиорациялау процесінде зерттейтін және мелиорациялық шараларды (жер суару, суландыру, құрғату және т.б.) жобалаумен айналысатын гидрогеология ғылымының қолданбалы саласы.* **Мелиорациялық гидрогеологиялық ізденістер.** сушар. *Мелиорациялық құрылысты жобалауға қажетті материалдарды, су баланстарын жасауға, мелиорациялық жүйе құрылысын тиімді түрде жүргізіп, оны пайдалану үшін далалық зерттеулер мен бақылау жұмыстарының қорытындысын пайдалану шаралары.* **Мелиорациялық егіншаруашылығы.** *Өңделіп, жақсартылған жердегі егіншаруашылығы.* **Мелиорациялық жер жырту.** *Топырақтың құрамын жақсарту үшін жерді арнайы соқамен жыртып, өңдеу.* **Мелиорациялық жұмыстарды жоспарлау.** *Мелиорациялық күрделі құрылыс жоспарын жасау, өндірістік құрылыс жұмыстарын жобалау және іздестіру жұмыстарын қоса жалғастыру, мелиорациялық сушаруашылық жүйелерін ретке келтіре отырып, тиімді пайдаланумен қатар аталған іс-шаралардың орындалуын да, ұйымдастыру жұмыстарын да жоспарлау.* **Мелиорациялық жүйе.** *Атқаратын қызметі бір-бірімен байланысты болатын гидротехникалық-инженерлік құрылыстар мен құрылымдар жинағы.* **Мелиорациялық жүйелердің кадастры.** *Мелиорациялық жүйенің имараттарын жыл сайын тексерген кездегі жиналған мәліметтер негізінде жүйеленген көрсеткіштер жинағы.* **Мелиорациялық жүйені күрделі жөндеу.** *Мелиорациялық жүйенің көлемді элементтерін қалпына келтіріп, бұзылған жерін жөндеп, есепті мерзімінің ішіндегі жұмыс істеуін қамтамасыз ету.* **Мелиорациялық жүйені қадағалау.** *Техникалық пайдалану кезінде жүйені тексеру шаралары.* **Мелиорациялық жүйелерді құжаттандыру.** *Жүйелі түрде есептеліп жүргізілген, мелиорациялық жүйелердің белгілі бір уақыттағы құрылымдық, техника-экономикалық және т.б. көрсеткіштерінің арнайы және әрбір гидротехникалық құрылыстың құжаттары.* **Мелиорациялық қопсытқыштар.** *Қатты және тоңазыған топырақты қопсыту, сортаң топырақ құрамын араластыру арқылы тұзын жою үшін қолданылатын құрылғы.* **Мелиорациялық мәшинелер.** тех. *Мелиорациялық жұмыстың агротехникалық талабына лайықты – бір немесе бірнеше операциялы технологиялық процеспен жұмыс істейтін мәшине.* **Мелиорациялық сорғы стансысы.** *Мелиорациялық жүйеде халықаралық құрылыс нормалары мен қағидалары бойынша жобаланатын, салынатын және пайдаланылатын суармалау сорғы стансысы.* **Мелиорациялық топырақ.** *Топырақ құрамын, шығу тегін, қасиетін, географиялық тарауын анықтау, осы қасиеттерін мелиорацияда тиімді пайдалануға бағытталған топырақтану саласының қолданбалы түрі.*

**МЕЛЛИСА** зат. өс. *Сары гүлді, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МЕЛМИ=** ет. сөйл. жерг. ***Мелши.***

**МЕЛМИЮ** жерг. *Мелми етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛОДЕКЛАМАТОР** зат. муз. *Музыкаға қосылып өлең оқитын адам.*

**МЕЛОДЕКЛАМАЦИЯ** зат. муз. *Музыкаға қосылып өлең оқу.*

**МЕЛОДИКА** [грек. melodia] зат. муз. *Күй, саз туралы ілім.*

**МЕЛОДИКАЛЫҚ** сын. *Мелодикаға қатысты, мелодикаға тән. // Ырғақтық, саздылық.*

**МЕЛОДИСТ** [грек. melos] зат. муз. *Әр алуан мелодия жазып шығарушы сазгер.*

**МЕЛОДИЯ** [грек. melodia] зат. муз. *Белгілі бір музыкалық тұтастықты құрайтын дыбыстар жүйелігі, ырғақ сазы.*

**МЕЛОДИЯЛЫ** сын. *Сазды, ырғақты.*

**МЕЛОДИЯЛЫҚ** зат. *Мелодияға тәндік, мелодияға қатыстылық, саздық.*

**МЕЛОДИЯШЫЛ** сын. *Мелодияны ұнататын, мелодияға құмар.*

**МЕЛОДРАМА** [грек. melos – өлең, drama – қозғалыс] зат. әдеб. *Шиеленіскен тартысқа, эмоциялық сезімге, ізгілік пен зұлымдықтың қарама-қарсы қайшылығына орайласып келетін, моральдық тағылым-тәрбиеге құрылған пьеса, драмалық шығарма.*

**МЕЛОДРАМАЛЫ** сын. *Мелодрамаға негізделген.*

**МЕЛОДРАМАЛЫҚ** сын. *Мелодрамаға қатысты, мелодрамаға тән.*

**МЕЛОДРАМАТИЗМ** зат. *Адам көңіл-күйіне әсер ететін шиеленіскен оқиғаны артықша әсірелеушілік.*

**МЕЛОМАН** [грек. melos – ән, mania – құмар] зат. *Музыка мен әнге құмар, соған жан-тәнімен берілген адам.*

**МЕЛОС** [грек. melos] зат. *Музыкадағы әуенділікті білдіретін ұғымның жалпы атауы.*

**МЕЛТЕК** зат. сөйл. ***Мелдек.***

**МЕЛШЕСІНЕН** үст. сөйл. ***Белшесінен.***

**МЕЛШИ=** ет. **1.** *Үн-түнсіз, қимылсыз, сілейіп қалу, сазару.* **2.** *Тып-тыныш болу, дыбыс шығармау.*

**МЕЛШИТ=** ет. *Қимылсыз етіп сілейту, сазарту.*

**МЕЛШИТУ** *Мелшит етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛШИІС=** ет. *Қимылсыз сілейісу, сазарысу.*

**МЕЛШИІСУ** *Мелшиіс етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛШИЮ** *Мелши етістігінің қимыл атауы.*

**МЕЛІПШІ** сын. *Кәсіпқой, кәсіп етуші.*

**МЕЛЬХИОР** [нем. Melchior] зат. кен. *Күміске ұқсайтын мыс пен никельдің қосындысынан тұратын қымбат металл.*

**МЕМ** [ар. ميم] зат. *Мим, арабша м әрпінің аты.*

**МЕМБРАНА** [лат. membrana] зат. физ. *Дыбыс тербелісін білдіретін металдан істелген жұқа, серіппелі табақша.*

**МЕМБРАНАДАЙ** сын. *Мембрана сияқты, мембрана тәрізді.*

**МЕМБРАНАЛЫ** сын. физ. *Мембранасы бар, пластинкалы.*

**МЕМБРАНАЛЫҚ** сын. физ. *Мембранаға тән, соған қатысты.*

**Мембраналық ақуыздар.** биол. *Жасуша мембранасының құрамына кіретін ақуыздар.*

**МЕМЛЕКЕТ** [ар. مملكة] зат. **1.** *Белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.* **2.** *Ел.*

**Мемлекет басшысы.** *Елбасы, Президент.* **Мемлекет болды.** *Ел болды, бірікті, бас қосты.* **Мемлекет иммунитеті.** құқық. *Дербес мемлекеттікке қатысты шетел сотының соттамайтындығын білдіретін құқықтық қолсұқпаушылық, пұрсаттылық.* **Мемлекет меншігі.** *Мемлекеттің иелігі.* **Мемлекет мүлкі.** *Мемлекет қарамағындағы барша зат.*

**МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ** сын. *Екі немесе одан да көп мемлекет арасындағы.*

**Мемлекетаралық стандарт.** *Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес немесе Стандарттау және техникалық нормалау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия қабылдаған, міндетті және (немесе) ұсынылатын талаптардан тұратын және олар тікелей қолданатын стандарт.*

**МЕМЛЕКЕТҚҰРУШЫ: мемлекетқұрушы ұлт.** *Ұлттық мемлекеттің негізі болып табылатын, оның атауына негіз болған ұлттық көпшілік.*

**МЕМЛЕКЕТСЫМАҚ** зат. экспр. жақтырмау. *Кішігірім мемлекет, шағын ел.*

**МЕМЛЕКЕТСІЗДЕНДІРУ** зат. экон. *Мемлекет меншігінен, иелігінен айыруға бағытталған шаралар.*

**МЕМЛЕКЕТТЕЙ** сын. *Мемлекет сияқты, мемлекет тәрізді.*

**МЕМЛЕКЕТТЕН=** ет. саяси. *Мемлекет болып құрылу.*

**МЕМЛЕКЕТТЕНДІРІЛ=** ет. *Мемлекет болып біріктірілу.*

**МЕМЛЕКЕТТЕНУ** *Мемлекеттен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕМЛЕКЕТТІК** сын. *Мемлекетке тән, мемлекетке қатысты.*

**Мемлекеттік айыптаушы.** *Құқық қызметі қылмыстық іс бойынша айыпталушының кінәсін дәлелдеуге бағытталған лауазымды тұлға.* **Мемлекеттік аппарат.** қоғ. *Заңнамада бекітілген билік бөлінісі негізінде құрылған органдар жүйесі.* **Мемлекеттік аумақ.** *Жер шарының белгілі бір мемлекетке қарасты бөлігі.* **Мемлекеттік бағдарлама.** қоғ.-саяси. *Қандай да бір қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік маңызды шаралардың жүзеге асырылуы мемлекет тарапынан мақсатты түрде көзделіп қолдау тапқан шаралардың жоба жоспары.* **Мемлекеттік билік.** қоғ. *Экономикалық, саяси, құқықтық, әскери, рухани және отбасылық билік түрлерінің арасында қоғамдық дамудың ұйытқысы әрі саяси күрестің негізгі нысаны.* **Мемлекеттік білім стандарты.** пед. *Оқу пәні бойынша оқушылардың алған білімін айқындайтын негізгі құжат.* **Мемлекеттік бюджет.** экон. *Мемлекеттің белгілі бір уақыт кезеңіне арналған кірістері мен шығыстарының қаржы жоспары.* **Мемлекеттік емес.** *Мемлекеттің меншігіне жатпайтын, қоғами жекеменшік.* **Мемлекеттік емтихан.** *Оқу орнын бітірерде тапсырылатын маңызды сынақ.* **Мемлекеттік жаңартпалық саясат.** экон. *Ғылыми, технологиялық және ұйымдық басқарушылық жаңалықтарды жасап, өндірісте игеру, рынокқа жылжыту саласында ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыруға және мемлекеттің, ұлттық капиталдың және ғылыми қоғамдастықтың мүдделері үшін жасалатын шараларды жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік қызмет бағыты.* **Мемлекеттік иммунитет.** құқық. *Әр мемлекеттің егемендігін танудан, бір-бірінің ішкі ісіне араласпау ережесінен тұратын тең құқықтылығы.* **Мемлекеттік қарыз.** *Мемлекеттің шығыстарды жабуына немесе мемле-*

*кеттің жүзеге асыруға қаржысы болмай тұрған мақсатты шараларды жүргізуіне арналатын қарыз.* **Мемлекеттік құпия.** қ о ғ . *Әскери, саяси сипаттағы жариялауға болмайтын мәліметтер.* **Мемлекеттік қызмет.** р е с м и . *Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдар мен оның аппаратындағы кәсіптік қызметі.* **Мемлекеттік қызметші.** р е с м и . *Мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық, жергілікті бюджеттен ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруда лауазымдылық өкілеттілікті жүзеге асыратын республика азаматы.* **Мемлекеттік несие.** қ а р ж ы. *Мемлекет тарапынан берілетін несие.* **Мемлекеттік облигация.** э к о н . *Мемлекет меншігіндегі құнды қағаздар.* **Мемлекеттік органдар.** *Мемлекет құзырындағы ұйымдар.* **Мемлекеттік рәміздер**. *Мемлекеттің елдігін, тәуелсіздігін танытатын елтаңба, ту, әнұран жиынтығы.* **Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы.** с а я с и . *Белгілі бір мемлекеттің ұлттық рәміздері болып табылатын ту, әнұран, елтаңбасы жобаларының нақтыланып, көпшілік дауыспен құпталуы, бекітілуі.* **Мемлекеттік саясат.** с а я с и . *Мемлекеттің қоғамдық істерді жүзеге асыруға қатысуы, мемлекеттің іс-қимылы мен әрекетінің формасын, міндеттері мен мазмұнын, бағытын анықтайтын идея, ұстанымдар, шаралар кешені.* **Мемлекеттік стандарт.** *Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, міндетті және (немесе) ұсынылатын талаптардан тұратын және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт.* **Мемлекеттік су кадастры.** *Судың жай-күйі, оны пайдалану және қорғау туралы деректердің жиынтығы.* **Мемлекеттік сыйлық.** *Өнер мен әдебиетте, ғылым және техникада ашқан жаңалық пен еңбектегі табысы үшін берілетін жүлде.* **Мемлекеттік табыс.** э к о н . *Барлық мемлекеттік органдарға түсетін табыс.* **Мемлекеттік тапсырыс.** қ о ғ . *Кәсіпорынға (мекемеге, ұйымға) мемлекеттің атынан нақты өнімді дайындап, тұтынушыларға жеткізу, өндірістік және бейөндірістік, ғылыми-зерттеу және басқа сипаттағы белгілі бір жұмысты орындау жөнінде берілетін тапсырма.* **Мемлекеттік территория.** *Белгілі бір мемлекет иелік ететін жер шарының бөлігі.* **Мемлекеттік тіл**. қ о ғ . *Мемлекеттің мемлекетқұрушы ұлтының мәртебесі Конституцияда бекітілген, бүкіл мемлекет аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жәнеісқағаздарын жүргізу тілі.* **Мемлекеттік хатшы**. с а я с и . ә к і м ш. *Президенттен кейінгі жоғары лауазымды тұлға.* **Мемлекеттік шекара.** құ қ ы қ . *Белгілі бір елдің құрлықтағы немесе судағы аумағының шегін көрсететін меже.* **Мемлекеттік шығыстарды бағдарламалау.** э к о н . *Мемлекеттік бюджетті жасау тәсілі.* **Мемлекеттік ішкі борыш.** қ а р ж ы. *Шығарылған, бірақ әлі өтелмеген мемлекеттік қарыздардан алынған ақшалай қаражат сомасы.*

**МЕМЛЕКЕТТІЛІК** з а т . *Мемлекеттік дәстүрдің, үрдістің болуы, оның заңдылық деңгейіне жетуі.*

**МЕМЛЕКЕТШІЛ** с ы н . с а я с и . *Мемлекет мүддесін басқадан жоғары қоятын, күшті мемлекет құру идеясын қолдаушы. // Жалпыұлттық, елдік деңгейде ойлайтын, әрекет ететін.*

**МЕМЛЕКЕТШІЛДІК** з а т . с а я с и . *Мемлекетшіл болушылық, елдікті басым көрушілік.*

**МЕМОРАНДУМ** [лат. memorandum] з а т . **1.** д и п л . *Халықаралық қатынаста қол қойылмай, мөр басылмай тұрып талқылап алуды қажет ететін мәселені баяндайтын дипломатиялық құжат.* **2.** *Белгілі бір мәселе бойынша баяндау жазбасы, қызмет анықтамасы.*

**МЕМОРИАЛ**[1] [лат. memarialis] з а т . с ә у л е т . *Бір тарихи оқиғаның құрметіне орнатылған жазуы бар ескерткіш.*

**Мемориал құрылыстар**. *Белгілі бір халықтың, қалалардың тарихы мен жеке тұлғалардың еңбегін есте қалдыруға арналып салынған архитектуралық-мүсінді ескерткіштер ансамблі.* **Мемориал тақта.** *Бір нәрсенің құрметіне арнап бекітілген, тарихта аты қалған өнер-білім, мемлекет қайраткері туған я тұрған үйге қағылатын жазулы белгі тас.*

**МЕМОРИАЛ**[2] з а т . б у х г . *Күнбе-күн сауда операциясын жазып отыратын бухгалтерия кітабы.*

**МЕМОРИАЛДЫ** с ы н . *Мемориал етіп орнатылған.*

**Мемориалды ескерткіш.** *Тарихта болған өнер-білім қайраткерлері тұрған я туылған үйіне қағылатын жазулы тас.* **Мемориалды тақта.** с ө й л . ***Мемориал тақта.***

**МЕМОРИАЛДЫҚ** с ы н . *Мемориалға тән, мемориалға қатысты.*

**МЕМУАР** [франц. memories] з а т . ә д е б . *Авторлардың өздері куә болған тарихи оқиғалар мен қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмірі жайлы көркем естеліктер жазбасы.*

**МЕМУАРИСТ** з а т . с ө й л . *Мемуар авторы, мемуаршы.*

**МЕМУАРЛЫҚ** с ы н . ә д е б . *Мемуарға тән, мемуар боларлық, мемуар сипатты.*

**МЕМУАРШЫ** з а т . *Мемуар жазушы, мемуар жазумен айналысатын кісі.*

**МЕМХАТШЫ** з а т . п у б л . ***Мемлекеттік хатшы.***

**МЕН**[1] е с і м. **1.** *Бірінші жақты білдіруші, өзін-өзі көрсетуші жіктеу есімдігі.* **2.** ф и л о с . *Адамның шығармашылық қабілетін тереңнен қозғап, мәнін айқындайтын философиялық категория.* **3.** а у ы с . *Паңдық, тәкаппарлық.*

**Мен деген.** *Ең керемет, ең мықты.* **Мен қалайға салынбады.** *Мақтануға бой ұрмады, дандайсымады.* **Мен мұндалап[мұндалап тұр]**. *Анадайдан оқшауланып, ерекше көрінді.* **«Мен» тұжырымдамасы.** ф и л о с . *Адамның өзі жайлы біршама тұрақты, азды-көпті мәні бар түсініктерінің жүйесі.* **Мен үшін жоқсың.** *Біреуден көңілі қалғанда, біреуді саналы түрде ұмытайын дегенде, қатты ренжігенде айтылатын сөз.* **Менің де қолыма қарға тышар**. к е к е с і н . *Маған да бірдеме түсер, жақсылық болар, сенің де маған күнің түсер.* **Менің үшін.** с ө й л . *Мен үшін, маған салсаң.*

**МЕН**[2] ш ы л. *Екі бірыңғай мүшені өзара байланыстыратын бен, пен жалғаулықтарының бір нұсқасы.*

**МЕНДЕЛИЗМ** з а т . б и о л . *Ағза белгілерінің тұқым қуалау заңдылықтарын зерттейтін ілім.*

**МЕНДЕЙ** с ы н . *Мен сияқты, өзім тәрізді.*

**МЕНДЕЛЕВИЙ** [лат. mendelevium] з а т . х и м . *Химиялық элемент, рет нөмірі 101, массалық сандары 250 –259 аралығында 10 изотопы белгілі; тотығу дәрежелері: +2, +3;* Md.

**МЕНДҮР** с ы н . п о э т . к ө н е . *Белгілі, аты шыққан, әйгілі.*

**МЕНДІК** з а т . **1.** *Маған тән, тиісті, өзімдік, маған қатысты.* **2.** *Маған жақтас, өзімді жақтайтын, өз жағымдағы.*

**Мендік тезек табылар.** к е к е с і н . *Маған да бір бұйырғаны бар шығар.*

**МЕНЕДЖЕР** [ағылш. manager] з а т . **1.** э к о н . *Өндірісті және тауар айналымы ісін басқару жөніндегі маман.* **2.** *Жалдамалы басқарушы, өндірісті ұйымдастырушы маман.* **3.** и н ф . *Компьютердің жұмыс бабында кездесетін іс-әрекет жиынын орындайтын бағдарлама.*

**МЕНЕДЖМЕНТ** [ағыл. management] з а т . *Өндірісті басқарудың принциптері, әдістері, құралдары және формаларының жиынтығы.*

**МЕНЕН** ш ы л. *Бенен, пенен жалғаулығының сыңары, бір нұсқасы.*

**МЕНЖЕМДІ** с ы н . *Ірі, денелі.*

**МЕНЖЕМДІЛЕУ** с ы н . *Ірілеу, денелірек.*

**МЕНЗБИР: мензбир суыры.** <лат. marmota menzbieri> з о о л . *Сүтқоректілер класы кеміргіштер отрядының тиіндер тұқымдасына жататын ең кішкентай суыр.*

**МЕНЗЕМ** з а т . *Әсем көрініс, панорама.*

**МЕНЗИЛАН** з а т . м е д . *Сақинаны және басқа бас ауруларын, етеккірдің мезгілсіз келуін емдейтін дәрі.*

**МЕНЗУЛА** [лат. mensula] з а т . т е х . *Геодезиялық және топографиялық жұмыста қолданылатын аспап.*

**МЕНЗУРКА** [лат. mensura] з а т . *Сұйық заттарды өлшеп құю үшін дәріханада, зертханаларда қолданылатын өлшеуіш ыдыс.*

**МЕНИНГИТ** [грек. meninx] з а т . м е д . *Менингококк инфекциясының салдарынан ми мен жұлын қабығының қабынып ауруы.*

**МЕНИНГОЭНЦЕФАЛИТ** з а т . *Адам мен жануар миының және қабығының қабынуы.*

**МЕНИСК** [грек. meniskos] з а т . ф и з . *Сұйықтықтың жіңішке түтікше арқылы жоғары көтерілуі кезіндегі бетінің капиллярлы түрде өзгеру құбылысы.*

**МЕНМЕН** с ы н . *Өзін басқалардан жоғары санайтын тәкаппар, өзімшіл, өркөкірек.*

**Менмен жігіт.** *Басынан сөз асырмайтын, зор кеуде, өркөкірек жігіт.* **Менмен кеуде.** *Өркөкірек, өр мінез.*

**МЕНМЕНДЕУ** с ы н . *Өркөкіректеу, өзімшілдеу, тәкаппарлау.*

**МЕНМЕНДІК** з а т . **1.** *Менмен болушылық; тәкаппарлық, өркөкіректік.* **2.** п с и х о л . *Өзімшілдік өзін басқалардан жоғары қою сияқты, адам бойындағы жағымсыз мінез.*

**Менмендікпен қарады.** *Көкірегін керді, менсінбеді.* **Менмендіктен [менмендік ауыруынан] емделді.** *Өзімшілдігінен айныды, менсінбеуін қойды.*

**МЕНМЕНСУ** *Менменсі етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНМЕНСІ=** е т. *Көкірегін көтеріп, асып-тасу, тәкаппарсу, дандайсу.*

**МЕНМЕНСІН=** е т. *Көкірегі көтерілу, тәкаппарсыну, дандайсыну.*

**МЕНМЕНСІНУ** *Менменсін етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНМЕНШІЛ** с ы н . *Өзінен басқаны менсінбейтін, тәкаппар, өзімшіл.*

**МЕНМЕНШІЛДІК** з а т . *Менменшіл болушылық, өзімшілдік, менмендік.*

**МЕНМЕНШІЛІК** зат. *Менменшілдік, менмендік.*

**МЕНСТРУАЦИЯ** з а т . м е д . ***Етеккір.***

**МЕНСІЗ** с ы н . *Менің қатысуымсыз.*

**МЕНСІН=** е т. *Тәуір көру, ұнату, жақтыру.*

**МЕНСІНБЕ=** е т. *Тең көрмеу, қомсыну, жақтырмау.*

**МЕНСІНБЕСТЕН** ү с т . *Менсінбей, жақтырмай.*

**МЕНСІНБЕУ** *Менсінбе етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНСІНБЕУШІ** *зат.* *Ұнатпаушы, жақтырмаушы, жаратпаушы.*

**МЕНСІНБЕУШІЛІК** *зат.* *Өзгені жаратпай паңданушылық, қомсынушылық, жақтырмаушылық.*

**МЕНСІНДІР=** *ет.* *Тәуір көрсеттіру, жақтырту, ұнаттыру.*

**МЕНСІНДІРУ** *Менсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНСІНТ=** *ет.* *Ұнаттыру, жақтырту.*

**МЕНСІН-ТЕҢСІН=** *ет.* *Тең көру, елеп көңіл аудару.*

**МЕНСІНУ** *Менсін етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНСІНІҢКІРЕ=** *ет.* *Аздап менсіну, ұнатыңқырау, жақтырыңқырау.*

**МЕНСІНІҢКІРЕУ** *Менсініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНТАЛИТЕТ** *зат.* *Ұлтқа тән ойлау жүйесі.*

**МЕНТАЛДЫҚ** *зат.* *Әлеуметтік топтың, тұлғаның дүниені нақты бір жағдайға сәйкес көре білуге, ойлауға, сезуге дайындығының жиынтығы.*

**МЕНТТЕ=** *ет. жерг.* *Бұрандап бекіту.*

**МЕНТОЛ** [лат. mentha – жалбыз, oleum – май] *зат. хим.* *Медицинада, парфюмерияда, кондитер ісінде қолданылатын, жалбыз иісі бар, мөлдір кристалл зат.*

**МЕНТОР** [грек. mentor] *зат. бот.* *Будандастыруға арналған шыбықша.*

**МЕНУЭТ** [франц. menuet] *зат. муз.* *Толқыған көркем би және сол бидің күйі.*

**МЕНШЕ** *үст.* **1.** *Мен сияқты, мен тәрізді.* **2.** *Менің ойымша.*

**МЕНШІК** *зат.* **1.** *Біреудің иелігіндегі нәрсе, зат, мүлік, жер.* **2.** *экон.* *Жеке адамдарға немесе ұйымдарға тиесілі өндіріс құрал-жабдығы мен өнімдері, қаражат.*

**Меншік капиталы.** *экон.* *Субъектінің міндеттемелерді шегеріп тастағандағы активтері.* **Меншік құқығы.** *заң.* *Мүлікті меншіктенуге қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі.*

**МЕНШІКҚҰМАР** *сын.* *Жекеменшігіне айналдырғысы келетін, жекеменшікті қалайтын.*

**МЕНШІКҚҰМАРЛЫҚ** *зат.* *Меншікқұмар болушылық.*

**МЕНШІКСІЗ** *сын.* *Меншігі жоқ.*

**Меншіксіз интеграл.** *матем.* *Шектелмеген функциялар және шексіз аралықта берілген функцияларды интегралдау кезінде классикалық интеграл ұғымын жалпылау.* **Меншіксіз элементтер.** *геол.* *Проективтік геометрия мәселелерін оқып үйрену кезінде евклидтік жазықтықты (не кеңістікті) толтыратын элементтер (нүкте, түзу, жазықтық).*

**МЕНШІКТЕ=** *ет.* *Иелік ету, өзіне тән ету, иелену.*

**МЕНШІКТЕЛ=** *ет.* *Иелік етілу, өзіне тән етілу.*

**МЕНШІКТЕЛУ** *Меншіктел етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТЕЛІН=** *ет.* *Иелік етілу, иеленілу.*

**МЕНШІКТЕЛІНУ** *Меншіктелін етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТЕН=** *ет.* *Иелік етілу, меншігіне алыну.*

**МЕНШІКТЕНДІР=** *ет.* *Меншіктету, иелендіру.*

**МЕНШІКТЕНДІРУ** *Меншіктендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТЕНУ** *Меншіктен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТЕНУШІ** *зат.* *Өз меншігіне айналдырушы.*

**МЕНШІКТЕТ=** *ет.* *Меншігіне алдырту, иелендіру.*

**МЕНШІКТЕТУ** *Меншіктет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТЕУ** *Меншікте етістігінің қимыл атауы.*

**МЕНШІКТІ** *сын.* *Біреуге тән, соның иелігіндегі.*

**Меншікті басқару.** *саяси. заң.* *Жылжитын, жылжымайтын мүліктерді, өндіріс орындарын т.б. маңызды нысандарды мемлекеттің немесе кәсіпорындар мен мекемелердің иелігіне беруді реттеу.* **Меншікті булану жылуы.** *физ.* *1 г суды қалыпты атмосфералық қысым жағдайында және температурасын өзгерту.* **Меншікті капитал.** *экон.* *Субъектінің міндеттемесін шегеріп тастағаннан кейінгі оның активтері.* **Меншікті кедергі.** *физ.* *Әрбір өткізгіштің материалына және оның күйіне (температурасына), мөлшеріне, формасына байланысты шамасы (кедергісі).* **Меншікті көлем.** *физ.* *Заттың көлемінің оның массасына қатысты тең шама.* **Меншікті салмақ.** *физ.* а) *Дене салмағының оның көлеміне қатынасы.* ә) *геол.* *Таужыныстың, минералдың нақтылы кесегіне тән салмақтың сол кесек көлеміне қатынасы.* **Меншікті тербеліс.** *физ.* *Сыртқы күштің әсерінсіз, кез келген тербелмелі жүйеде өтетін еркін тербеліс.* **Меншікті тілші.** *Газет пен журналдардың белгілі бір жерден хабар жазып тұратын тұрақты қызметкері.*

**МЕНШІКТІЛІК** *зат.* *Меншікті болушылық, біреуге тәнділік, басқаға ортақ еместілік.*

**МЕНШІКШІ** *зат. сөйл.* ***Меншіктенуші.***

**МЕНШІКШІЛ** *сын.* *Меншікқұмар, жекешіл.*

**МЕНШІКШІЛДІК** *зат.* *Меншікшіл болушылық, жеке-дара иелікке құштарлық, жекешілдік.*

**МЕНШІЛ** *сын.* *Өз қара басының қамын ғана көздейтін, өзімшіл, менмен.*

**МЕНШІЛДІК** *зат.* *Жеке басының мүддесін ғана көздеушілік, менмендік, өзімшілдік.*

**МЕНІКІ** *сын.* **1.** *Маған тиесілі, маған тән, өзімдікі.* **2.** *ауыс.* *Тән, дене.*

**МЕНІКІЛІК** *зат.* *Менікі деп санаушылық.*

**МЕНІКІНДЕЙ** *сын.* *Маған тән нәрсеге ұқсас, менікі сияқты.*

**МЕНІМШЕ** *үст. сөйл.* ***Менінше.***

**МЕНІҢШЕ** *үст.* *Менің ойымша, өз шамалауымша.*

**МЕНІТ** *зат. ескі кіт.* *Пана, ық, қорған.*

**МЕНЬШЕВИЗМ** *зат. тар.* *Ресейдегі жұмысшылар қозғалысында большевизмге қарсы бағытталған оппортунистік деп атап кеткен социал-демократиялық партиясындағы ағым.*

**МЕНЬШЕВИКТЕР** *зат.* *Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрамындағы оңшыл бағыттағы ағым (фракция).*

**МЕНЬШЕВИКТІК** *сын.* *Меньшевикке тән, меньшевикке қатысты.*

**МЕНЮ** [франц. menu] *зат.* ***Мәзір*** *(көпшілік тамақтанатын орындардағы тағамның түрі, бағасы көрсетілген дастарқан мәзірі).*

**МЕҢ** *зат.* *Адамның сыртқы денесінде кездесетін кішкене қара дақ, қал.*

**МЕҢ=** *ет. сөйл.* ***Меңзі.***

**МЕҢГЕР=** *ет.* **1.** *Бір істі игеру, оның қырсырын жақсы білу.* **2.** *Бір нәрсеге басшылық ету, басқару.* **3.** *Еңсеру, бағындыру.*

**МЕҢГЕРТ=** *ет.* *Бір істі игертіп, оның қырсырын білдірту.*

**МЕҢГЕРТКІЗ=** *ет.* *Бір істі игерту, оның жай-жасарын білдірту.*

**МЕҢГЕРТКІЗУ** *Меңгерткіз етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢГЕРТУ** *Меңгерт етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢГЕРТІЛ=** *ет.* *Ітің жөнінің білінуі, игерілуі.*

**МЕҢГЕРУ**[1] *зат. лингв.* *Сөз тіркестеріндегі бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың іліктен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысатын синтаксистік байланыс.*

**МЕҢГЕРУ**[2] *зат. спорт.* *Күресте тепе-теңдік қалыптан шығаратын шапшаң айла.*

**МЕҢГЕРУ**[3] *Меңгер етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢГЕРУШІ** *зат.* *Белгілі бір мекеме, ұйым басшысы, жетекшісі.*

**МЕҢГЕРУШІЛІК** *зат.* *Мекеме, ұйым ісін басқарушылық, меңгеруші болушылық.*

**МЕҢГЕРІЛ=** *ет.* *Бір істің қыр-сырының білінуі, игерілуі.*

**МЕҢГЕРІЛУ** *Меңгеріл етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢГЕРІЛУШІ: меңгерілуші сөз.** *лингв.* *Іліктен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысатын сөз.*

**МЕҢГЕРІС=** *ет.* *Бір істің қыр-сырын біліcу, игерісу.*

**МЕҢГЕУ**: **науқасы меңгеу тартты**. *Ауруы меңдеді.*

**МЕҢГІР=** *ет. сөйл.* ***Мәңгір.***

**МЕҢДЕ=** *ет.* **1.** *Әлі құру, дәрмені кету, асқыну.* **2.** *ауыс.* *Басу, өн бойын билеу. //Дендей, тереңдете, бойлай.*

**МЕҢДЕЙ** *сын.* *Мең сияқты, мең тәрізді.*

**МЕҢДЕҢКІРЕ=** *ет.* *Сырқаты асқынып әлсіреңкіреу, қалжыраңқырау.*

**МЕҢДЕҢКІРЕУ** *Меңдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢДЕС** *сын. жерг.* *Ұқсас, сәйкес.*

**МЕҢДЕСТІР=** *ет. жерг.* *Ұқсату, теңестіру.*

**МЕҢДЕТ=** *ет.* *Дәрменін кетірту, асқындату.*

**МЕҢДЕТУ** *Меңдет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢДЕУ** *Меңде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢДУАНА** *зат. өс.* *Үлкен жапырақты, гүлі сарғыш, ақшыл көк түсті, иісі бас айналдыратын, көбіне дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын улы өсімдік.*

**Меңдуана жегендей**. *Басы айналып, әңкітәңкі болған.* **Меңдуана жегеннен саумысың**. *экспр.* *Жынды болдың ба, есің дұрыс па?*

**МЕҢДУАНАДАЙ** *сын.* *Меңдуана сияқты, меңдуана тәрізді.*

**МЕҢДІ** *сын.* **1.** *Меңі бар.* **2.** *Дағы, қасқасы бар.*

**МЕҢДІҒАРА** *зат. өс.* *Түйе малы сүйсініп жейтін өсімдік.*

**МЕҢДІКЕР** *зат. көне.* *Жалданып жұмыс істеуші.*

**МЕҢДІҚҰЛАҚ** *зат. өс.* *Сортаңды, тасты, құмды жерлерде өсетін, жапырақты өсімдіктердің бірі.*

**МЕҢЕС=** *ет. сөйл.* ***Меңзес.***

**МЕҢЗЕ**[1]**=** *ет.* **1.** *Сілтеп көрсету, бағыттап, тұспалдап көрсету, нұсқау.* **2.** *ауыс.* *Жетелеу, үнемі алға көз салдыру, ұмтылдыру, талпыну.*

**МЕҢЗЕ**[2]**=** *ет. сөйл.* ***Меңде.***

**МЕҢЗЕЛ=** *ет.* *Сілтеп көрсетілу, нұсқалу.*

**МЕҢЗЕЛДЕС** *шыл. сөйл.* *Секілді, сияқты, тәрізді.*

**МЕҢЗЕЛУ** *Меңзел етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢ-ЗЕҢ**[1] *зат. өс.* ***Ұйқышөп.***

**МЕҢ-ЗЕҢ**[2] *сын.* *Манауыраған, дел-сал, әрі-сәрі.*

**Мең-зең болды**. *Басы мәңгіріп, дел-сал күй кешті, есеңгіреді.*

**МЕҢ-ЗЕҢДЕН=** ет. *Әрі-сәрі болу, делсалдану.*

**МЕҢ-ЗЕҢДЕНУ** *Мең-зеңден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢ-ЗЕҢДІК** зат. *Денесін зіл басқандық, әрі-сәрілік, дел-салдық.*

**МЕҢЗЕҢКІРЕ=** ет. сөйл. *Меңдеңкіре.*

**МЕҢЗЕР** зат. инф. <ағыл. cursor> *Экранда тиісті операция жүргізілетін орынды көрсететін жанып-сөніп тұратын жылжымалы белгі.*

**МЕҢЗЕРЛІК**: **меңзерлік перне**. инф. <ағыл. cursor key> *Пернелер тақтасындағы жебелігі бар перне тобы.*

**МЕҢЗЕС** сын. *Ұқсас, тәріздес.*

**МЕҢЗЕС=** ет. *Сілтеп көрсетісу, нұсқасу.*

**МЕҢЗЕСУ** *Меңзес етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢЗЕТ=** ет. *Сілтеп көрсету, нұсқату.*

**МЕҢЗЕТУ** *Меңзет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢЗЕУ**[1] зат. әдеб. <грек. synekdoche> *Бүтінді бөлшегі немесе бөлшекті бүтіні арқылы немесе көпті бірдің және керісінше бірді көптің атымен беру арқылы жасалатын әдеби бейнелеуіш, көркемдеуіш құралдың бірі, әдеби троп.*

**МЕҢЗЕУ**[2] *Меңзе етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢЗЕУ**[3] *Меңзе етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢЗЕУЛІ** сын. *Сілтенген, нұсқалған.*

**МЕҢЗУ** *Меңзі етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢЗЫҒЫР** сын. *Тұла бойын мең-зең еткен.*

**МЕҢЗІ=** ет. *Басы зырқылдап, ауырсынып, мең-зең болу.*

**МЕҢЗІТ=** ет. *Мең-зең еткізу, басын зырқылдату.*

**МЕҢСІЗ** сын. **1.** *Меңі жоқ.* **2.** ауыс. *Ешқандай дақ жоқ, кіршіксіз.*

**МЕҢШЕ** үст. *Мең тәрізді, меңге ұқсап.*

**МЕҢІРЕЙ=** ет. *Есеңгіреу, аңырау, аңқию.*

**МЕҢІРЕЙІС=** ет. *Есеңгіресу, аңырайысу.*

**МЕҢІРЕЙІСУ** *Меңірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢІРЕУ**[1] зат. *Әсіптің үлкен және семіз етіп жасалған бір түрі.*

**МЕҢІРЕУ**[2] сын. **1.** *Тас кереқ, мылқау, ештеңе естімейтін, сөйлемейтін.* **2.** мед. *Қалқанша безі қызметінің бұзылуы салдарынан адамның ой-өрісі мен ағза дамуының бөгелуі, туа пайда болатын ауру.* **3.** ауыс. *Тым-тырыс, тып-тыныш, қыбырлаған тірі жанның үні жоқ, жым-жырт, мәңгірген. // Мелшиген, сазарып қатып қалған, мүлгіген.* **4.** ауыс. *Көп нәрсені ұқпайтын, мәңгірген.*

**МЕҢІРЕУДЕЙ** сын. *Меңіреу сияқты, меңіеру тәрізді.*

**МЕҢІРЕУЛЕН=** ет. **1.** *Кереқ адамша қозғалу; түк ұқпау.* **2.** ауыс. *Жым-жырт тартып, тым-тырыстану, құлазыған күй кешу.* **3.** ауыс. *Мелшию, қозғалмай қатып қалу.*

**МЕҢІРЕУЛЕНДІР=** ет. *Кереңдендіру, мелшиту.*

**МЕҢІРЕУЛЕНУ** *Меңіреулен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢІРЕУЛЕТ=** ет. *Мелшиту, қатып-сазарту.*

**МЕҢІРЕУЛЕТУ** *Меңіреулет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢІРЕУЛЕУ** сын. **1.** *Жым-жырттау, тым-тырыстау.* **2.** ауыс. *Сәл-пәл мәңгірген, кещелеу.*

**МЕҢІРЕУЛІК** зат. **1.** *Кереңдік, саңыраулық.* **2.** ауыс. *Меңіреу болушылық, жым-жырттық.*

**МЕҢІРЕУ-МЫЛҚАУ** зат. *Ешнәрсені естімейтін, еш нәрсеге елең етіп қарамайтын, адамзат сөзін естімейтін, естісе де ұқпайтын, өзі де сөйлемейтін пенденің (табиғат құбылысының) қасіретті қалпы.*

**МЕҢІРЕУСУ** *Меңіреусі етістігінің қимыл атауы.*

**МЕҢІРЕУСІ=** ет. *Меңіреу болғансу, түк білмегенсу.*

**МЕҢІРЕУШЕ** үст. *Меңіреуге ұқсап, меңіреу сияқты.*

**МЕҢІРЕЮ** *Меңірей етістігінің қимыл атауы.*

**МЕР**[1] зат. жерг. *Шелектен үлкен өлшеуіш ыдыс.*

**МЕР**[2] зат. жерг. *Балық аулағанда қолданылатын өлшеу ағаш.*

**МЕРА** зат. жерг. *Көкпарға салатын ешкі.*

**МЕРГЕЛЬ** [нем. Mergel] зат. геол. *Кальциттен немесе даломиттен, сазды минералдан тұратын шөгінді тау жынысы.*

**МЕРГЕЛЬДІ** сын. геол. *Мергель араласқан, құрамында мергель бар.*

**МЕРГЕН** зат. **1.** *Көздегенін атып түсіретін аңшы, атқыш адам. // Атқан оғы мүлт кетпейтін, дәл тигізетін, атқыш.* **2.** *Атқанынан жаңылмай жауын жығып салатын қас жауынгер.* **3.** әск. *Қазіргі әскери күштер құрамындағы арнайы жаттықтырылған, нысанасын қалт жібермейтін атқыштар тобының жауынгері.*

**Мергенге мылтық кезетпе.** *Жеңілетініңді білетін адаммен күш сынаспа.*

**МЕРГЕНДЕЙ** сын. *Мерген сияқты, мерген тәрізді.*

**МЕРГЕНДЕУ** сын. *Сәл-пәл мерген, атқаны кейде тиетін.*

**МЕРГЕНДІК** зат. *Мерген болушылық, көздегеніне дәл тигізетін, атқыштық.*

**Мергендік спорты**. спорт. *Түрлі мылтық және садақпен нысана көздеу спорт түрі.*

**МЕРГЕНСЫМАҚ** сын. экспр. *Сәл-пәл мергендігі бар, өзін мерген санайтын (адам).*

**МЕРГЕНСІЗ** сын. *Мергені жоқ, мергеннің қатысынсыз.*

**МЕРГЕНСІН=** экспр. *Мерген болғансу, атқышсынып көріну.*

**МЕРГЕНСІНУ** *Мергенсін етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРГЕНШЕ** үст. *Мерген тәрізденіп, мергенге ұқсап.*

**МЕРГЕНШІ** сын. сөйл. ***Мерген.***

**МЕРГЕНШІЛІК** зат. *Мерген болушылық, атқанын дәл тигізушілік, көздегенін жібермеушілік өнері.*

**МЕРГЕНІРЕК** сын. *Мергендігі басымырақ.*

**МЕРГЕРТ** зат. бот. *Қолдан өндірілген қауызды бұршақ түрі.*

**МЕРДІГЕР** зат. кіт. *Бір жұмысты істеуге, орындауға шарт жасасып, міндеттенуші, көтеріп алушы, міндеткер жеке немесе заңды тұлға.*

**МЕРДІГЕРЛІК** сын. экон. *Көтерме жұмыс ретінде міндетіне алғандық, міндеткерлік.*

**МЕРДІКЕР** зат. сөйл. ***Мердігер.***

**МЕРЕ** зат. сөйл. ***Мәре.***

**МЕРЕЖА** зат. кәс. *Балық аулайтын аудың бір түрі.*

**МЕРЕЖКА** зат. жерг. *Матаның арқауын тартып алу жолымен жасалған шілтер.*

**МЕРЕЗ** зат. мед. *Дене жасушасын іріпшірітетін жұқпалы аурудың аса қауіпті түрі. // Арам, қараниет, жалмап-жұқтаушы.*

**МЕРЕЗДЕЙ** сын. *Мерез сияқты, ойдым-ойдым.*

**МЕРЕЗДЕН=** ет. **1.** мед. *Мерез ауруын жұқтыру, мерез ауруына шалдығу.* **2.** ауыс. *Арамдығын іште сақтау, қара ниеттену.*

**МЕРЕЗДЕНУ** *Мерезден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕЗДЕУ** сын. *Арам ниеттеу, пестеу.*

**МЕРЕЗДІ** сын. *Мерез ауруы бар.*

**МЕРЕЗДІК** зат. *Мерез болушылық, қараниеттілік, арамдық.*

**МЕРЕЗШӨП** зат. өс. *Арамсоядың бір түрі; далалық арамсояу.*

**МЕРЕЙ** зат. *Еңбекке, ел ішіндегі бедел, атаққа т.б. лайық мәртебе, абырой.*

**Мерей тұтты [көрді].** *Абырой санады, мәртебе көрді.* **Мерейі артты [асты].** *Мәртебесі жоғарылады, абыройы асты, беделі өсті.* **Мерейін біктетті**. *Мерейін үстем етті, абыройын асқақтатты.* **Мерейін көтерді [тасытты]**. *Мәртебесін жоғарылатты, беделін арттырды.* **Мерейі өссін!** тілек. *Абыройы ассын, беделі өссін, қадірі өссін!* **Мерейі өсті**. *Абыройы артты, мәртебесі жоғарылады.* **Мерейі тасыды**. *Бағы көтерілді, беделі артты, қуанышқа бөленді.* **Мерейі үстем [болды]**. *Басқалардың алдында беделі өсті, абыройы асты; бағы артық.* **Мерейі үстем болсын!** тілек. *Абыройы артсын, беделі көтерілсін, мәртебесі өссін деген мағынадағы риза болғанды білдіретін тілек сөз.*

**МЕРЕЙГЕР** зат. **1.** *Белгілі бір мүшел жасқа толғанын атап өтуші, мерейтой иесі, юбиляр.* **2.** *Айрықша сыйлыққа ие болған адам, лауреат.*

**МЕРЕЙЛЕН=** ет. *Мерейі өсу, көңілі көтерілу, тасу, шаттану.*

**МЕРЕЙЛЕНДІР=** ет. *Мерейін өсіріп, көңілін көтертті, шаттандыру.*

**МЕРЕЙЛЕНДІРУ** *Мерейлендір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕЙЛЕНУ** *Мерейлен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕЙЛЕСТІК** зат. *Мәртебелі, абыройлы болушылық.*

**МЕРЕЙЛІ** сын. *Мәртебелі, абыройлы.*

**МЕРЕЙЛІРЕК** сын. *Мерейі үстемірек, мәртебелірек.*

**МЕРЕЙСІЗ** сын. *Абыройсыз, мәртебесіз.*

**МЕРЕЙТОЙ** зат. *Жеке адамның, мекеменің, қаланың т.б. белгілі бір дөңгелек жасқа толған күнін атап өту салтанаты.*

**МЕРЕЙТОЙЛЫҚ** сын. *Мерейтойға қатысты, соған тән.*

**МЕРЕК**: **мерек болсын**. тілек. этн. *Құтты болсын, мүбәрәк болсын деген мағынадағы діни (мұсылмандық) мерекелерде айтылатын тілек, құттықтау сөз.*

**МЕРЕКЕ** зат. *Салтанатты күн, мейрам.*

**Мереке күн.** *Белгілі бір мейрамға, айтулы, белгілі күндерге байланысты демалатын, аталып өтетін күн.*

**МЕРЕКЕДЕЙ** сын. *Мереке сияқты, мереке тәрізді.*

**МЕРЕКЕЛЕ=** ет. *Мейрамдау, тойлау.*

**МЕРЕКЕЛЕН=** ет. *Мейрамдалу, тойлану, салтанатты түрде аталу.*

**МЕРЕКЕЛЕНУ** *Мерекелен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕКЕЛЕТ=** ет. *Мейрамдату, тойлату.*

**МЕРЕКЕЛЕТУ** *Мерекелет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕКЕЛЕУ** *Мерекеле етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЕКЕЛІ** сын. *Қуанышы мол, салтанатты, той-думанды.*

**МЕРЕКЕЛІК** сын. *Мейрамға арналған, салтанатты.*

**МЕРЕКЕ-МЕЙРАМ** зат. *Үлкен қуаныштарға (жеңіске, табиғат апатынан аман т.б. ерекше жағдайларға) бағышталып, қалың жұрт*

*болып өткізілетін той-томалақ, қызық-тамашалар.*

**МЕРЕКЕСІЗ** сын. *Мерекесі жоқ, мереке өткізбей, тойсыз.*

**МЕРЕКЕШІ** зат. *Мейрамдаушы, тойлаушы адам.*

**МЕРЕЛІ** сын. сөйл. *Көздеген, діттеген, белгілеген.*

**МЕРЗІМ** зат. **1.** *Сәт, кез, уақыт.* **2.** *Уақыттың шамасы мен ұзақ-қысқалығы.*

**МЕРЗІМДЕ=** ет. *Мерзімін белгілеу.*

**МЕРЗІМДЕУ** *Мерзімде етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРЗІМДІ** сын. *Мөлшерлі уақыты бар, кесімді мезгіл.*

**Мерзімді баспасөз [басылым]**. *Күнделікті не апталап, айлап шығып тұратын газет, журнал, жинақ, бюллетень, басылымдардың жалпы атауы.* **Мерзімді ұзарту**. экон. <франц. prolongation> *Қандайда болсын шарттың, келісімнің, қарыздың, вексельдің қолданылу мерзімін, несиенің өтелу мерзімін т.б. ұзарту.*

**МЕРЗІМДІК** сын. *Мезгілдік, белгілі бір уақыттық.*

**Мерзімдік депозит**. қаржы. *Белгілі бір сомада салынатын және уағдаласқан мерзім өткеннен кейін алуға болатын депозит.* **Мерзімдік еңбекақы**. экон. *Жұмыс істелген уақытқа және қызметкердің біліктілігіне және еңбектің сапасына қарай еңбекке ақы төлеу нысаны.*

**МЕРЗІМСІЗ** сын. *Уақыты белгіленбеген, шексіз.*

**Мерзімсіз қарыз.** *Күрделі қаржы сомасын белгіленген мерзімде қайтару міндеттемесі қабылданбай шығарылатын ішкі мемлекеттік қарыздар.* **Мерзімсіз қарыз міндеттемесі.** *Несиегер жалпы талап ету мерзімінің ескіруі шегінде кез келген уақытта орындалуын талап ете алатын міндеттеме.* **Мерзімсіз міндеттеме**. экон. *Вексель берушінің міндеттемесі.*

**МЕРЗІМТҰРАҚТЫ: мерзімтұрақты күй.** геол. *Жүйенің біршама орнықты күйі.*

**МЕРИДИАН** [лат. meridianus] зат. геогр. *Жер шарының полюстері арқылы экваторды тура көлденең кесіп өтетін сызық.*

**МЕРИДИАНДЫҚ** сын. *Меридианға қатысты, меридианға тән.*

**МЕРИНОС** [лат. merinos] зат. қойшар. *Биязы жүнді қой тұқымы.*

**Меринос қой.** *Биязы жүнді қой.*

**МЕРИТОКРАТИЯ** [лат. meritus – лайықты, грек. kratos – билік] зат. саяси. *Бирократия мен технократияны жоюға септігін тигізетін қоғамды басқарудың жаңа принципі.*

**МЕРИТОКРАТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Меритократияға тән, меритократиямен байланысты.*

**Меритократиялық қоғам.** саяси. *Әркім өз еңбегіне лайықты қажетін алатын, жеке тұлға өз талпыныстарына, қабілетіне сай жоғары өрлейтін, әлеуметтік теңсіздіктер орнаған, жеке жетістіктер критерийінің негізіндегі қоғам.*

**МЕРИФИТ** зат. мед. *Бадамша без бен жұтқыншақтың қабынуы созылмалы түрге айналып, оған операция жасауға тақалғанда қолданатын дәрі.*

**МЕРКАНТИЛИЗМ** [франц. mercantilisme] зат. экон. *Сауда капиталының мүддесін жақтаған, тауарды шеттен келтіргеннен гөрі, шетке шығарудың басым болуын көздейтін, қоғам байлығы мен әл-ауқатының көзі материалдық игіліктер өндірісі емес, тауар және ақша айналысы саласы деп есептейтін экономикалық ілім.*

**МЕРКАНТИЛИСТ** зат. экон. *Меркантилизмді жақтаушы.*

**МЕРКАНТИЛИСТІК** сын. **1.** *Меркантилиске тән, меркантилиске қатысты.* **2.** ауыс. *Пайдакүнемдік, ұсақ есепшілдік.*

**МЕРКАНТИЛЬДІК** [франц. mercantile] зат. **1.** экон. *Сауда капиталының мүддесін жақтаған, тауарды шеттен келтіргеннен гөрі, шетке шығарудың басым болуын көздейтін, қоғам байлығы мен әл-ауқатының көзі материалдық игіліктер өндірісі емес, тауар және ақша айналысы саласы деп есептейтін экономикалық ілім.* **2.** ауыс. *Пайдакүнемдік, дүниеқорлық.*

**МЕРКАПТАНДАР** [лат. mer (curium) captans] зат. хим. *Тиоспирттер, теолдар сияқты көмірсуектің формалды туындылары.*

**МЕРКУЗАЛ** зат. *Бір мл мөлшерінде ампулаға құйып шығарылатын несеп айдағыш дәрі.*

**МЕРКУРИЙ** [лат. mercurius] зат. астр. *Күнге ең жақын және Күн жүйесіндегі үлкен ғаламшарлардың ішіндегі ең кішісі.*

**МЕРКУРМЕТРЛЕУ** [лат. mercurius] зат. хим. *$Hg2+$ катиондармен аз еритін қосылыстар түзетін аниондардың (негізінде, галоген аниондардың) титриметрлеу талдауларының түрі.*

**МЕРКІ** зат. жерг. *Балық ұзындығын өлшейтін өлшеуіш ағаш.*

**МЕРКІТ** зат. этн. *Моңғол тайпаларының бірі.*

**МЕРЛЕ=** ет. жерг. *Нысанаға алып дәлдеу, көздеу.*

**МЕРОЗОИТ** [грек. meros – бөлшек, zonn – тіршілік иесі] зат. биол. *Бірнеше қайтара жыныссыз көбею жолымен түзілетін қарапайымдардың жас дарақтары.*

**МЕРОКРИНДІ**: [грек. merocrinos] **мерокринді секреция**. *Сыртқы секреция бездерінің сөл бөлу түрі.*

**МЕРСЕРИЗАЦИЯЛА=** ет. тоқыма. *Жібек жылтырап тұру үшін оны зермен өңдеу.*

**МЕРСЕРЛЕУ** зат. хим. **1.** *Целлюлозаның ісінуі және төмен молекулалы фракцияларының еруі үшін оны натрий гидроксиді ерітіндісімен өңдеу.* **2.** *Мақта-матадан тоқылған материалдарды созғанда талшықтары жазылып тұруы, матаның беті жылтырап тұруы, оңай боялуы үшін сілті ерітіндісімен өңдеу.*

**МЕРТ** [ар. مردن] зат. *Өлім, ажал, қаза.*

**Мерт болды.** *Қаза тапты, жазым болды, өлді.* **Мерт етті [қылды].** *Күтпеген жерде өлтірді, жазым етті.*

**МЕРТЕЛЬ** зат. хим. *Отқа төзімді, майда етіп ұсақталған материал.*

**МЕРТІГУ** *Мертік етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРТІГУШІ** зат. *Бір жері сынған, майып болған адам.*

**МЕРТТІК** зат. сөйл. ***Мәрттік.***

**МЕРТУ**: **мерту басқыр**. қарғ. ***Марту басқыр*** *(жаман, қара күштердің зардабы тигір, жын соққыр деген мағынада).*

**МЕРТІК=** ет. *Бір жері сыну, үзілу, шығу, майып болу.*

**Мертік ас.** этн. *Мертіккен адамға жинайтын ас, тағам.*

**МЕРТІКТІ** сын. *Майып болған, бір жері сынған немесе зақым көрген.*

**МЕРТІКТІР=** ет. *Бір жерін сындырту, майып еттіру.*

**МЕРТІКТІРУ** *Мертіктір етістігінің қимыл атауы.*

**МЕРТІЛ=** ет. сөйл. ***Мертік.***

**МЕРТІЛДІР=** ет. сөйл. ***Мертіктір.***

**МЕРУЕРТ** ир. зат. **1.** *Әсемдікке, сәндікке қолданылатын қымбат бағалы асыл тас.* **2.** биол. *Қосжақтаулы ұлулардың (моллюскілердің), негізінен інжу моллюскісінің бақалшағындағы шар тәрізді немесе бұрыс нысанды түзінді.*

**Меруерт алқа**. *Меруерттен жасалған алқа.* **Меруерт жүзік.** зерг. *Көзіне меруерт қойған жүзік.* **Меруерт моншақ.** зерг. *Меруерттен тізілген асыл моншақ.* **Меруерт сырға.** зерг. *Меруерттен жарқыраған көзі бар алтын яки күміс сырға.* **Меруерт ұлулары.** зоол. *Мантиясында меруерт түзілетін қос жақтаулы моллюскілер.*

**МЕРУЕРТГҮЛ** зат. өс. *Жұпар иісті, ақ түсті, қоңырау пішіндес, шашақтала өсетін көпжылдық гүл.*

**МЕРУЕРТСІЗ** сын. *Меруерті жоқ, меруерт тақпаған.*

**МЕРУЕРТТЕЙ** сын. **1.** *Меруерт сияқты, меруерт тәрізді.* **2.** ауыс. *Бағалы, құнды.*

**МЕРУЕРТТІ** сын. **1.** *Меруерті бар, меруерт таққан, меруерттелген.* **2.** ауыс. *Әсем, әсерлі.*

**МЕРУЕРТШЕ** үст. *Меруерт сияқты, меруертке ұқсап.*

**МЕРУЕТ** [ир. مروارید] зат. сөйл. ***Меруерт.***

**МЕРЧАНДАЙЗЕР** зат. *Мерчандайзинг маманы.*

**МЕРЧАНДАЙЗИНГ** [ағыл. merchandising] зат. экон. *Өткізу қызметі үдерісінің кезеңі, сатып алушыны тауарға «жақындатуға» және сатып алу ықтималдығын барынша қамтамасыз ететін қолайлы жағдай жасауға бағытталған шаралар кешені.*

**МЕС**[1] зат. этн. *Сұйық тамақ құю үшін бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған ыдыс. // Күбідей болып семірген, жуан.*

**Мес бие.** *Жуан қарынды, денесі үлкен, күшті, сүтті көп беретін бие.* **Мес болды.** жерг. а) *Семірді, май басты.* ә) *Ісініп, былбырау.* **Мес көрік.** *Ұста көрігі, үлкен көрік.* **Мес қарын.** а) *Су таситын қарын ыдыс.* ә) *Тамақты көп ішетін, жуан қарын, мешкей.*

**МЕС**[2] зат. этн. *Денесін жаппай ісік кеулеп, домаланған пішінді, буындары айырымсыз былқсылық етіп шала-жансар туылған төл.*

**МЕСЕ** зат. жерг. ***Месел.***

**Месе қайырды**. *Көңілін қалдырды, қолын бос қайтарды.* **Месесін жықпады**. *Көңілін қалдырмады, ниетін қолдады.*

**МЕСЕ: месе тұтпады**. сөйл. ***Місе тұтпады*** *(жаратпады, азсынды).*

**МЕСЕКЕРЛІ** сын. жерг. *Қолынан іс келетін, іскер, ісмер.*

**МЕСЕЛ** зат. *Көңіл, пейіл, ниет, қалау.*

**Меселі қайт болды [қайтты].** *Тауы шағылды, көңілі қалды.* **Меселін жықпады.** *Бетін қайтармады, айдауына көнді, айтқанына жүрді.* **Меселін қайтарды.** *Көңілін қалдырды, ренжітті, тауы шағылды.* **Меселін қайырды.** *Десін қайтарды, сұрағанын бермеді.*

**МЕСЕЛДЕ** зат. сөйл. ***Месел.***

**Меселдесі қайтты**. сөйл. ***Меселі қайтты***. **Меселдесін қайтарды**. сөйл. ***Меселін қайтарды***.

**МЕСЕЛДІ** сын. *Іскер, жігерлі, меселі мығым.*

**МЕСЕЛСІЗ** сын. *Меселі жоқ.*

**МЕСЕРЛІК** зат. жерг. *Ақымақтық, есерлік.*

**МЕСКАЛЬ** зат. *Түтіннің иісі шығатын ашыған агава шырынынан дайындалатын мексикалық спирттік ішімдік.*

**МЕСКЕЙ** [ор. миска] зат. жерг. *Кастрөл.*

**МЕСҚАРЫН** зат. **1.** анат. <лат. rumen> *Көп бөлімді қарынның алғашқы, ең көлемді бөлігі.* **2.** вет. *Күйіс малының таз, тақия, жалбыршақ қарындарын біріктіріп атаған бөлігінің атауы.*

**Месқарын сағасы**. анат. <лат. atrium rumenis> *Месқарынның өңешпен жалғасқан үстіңгі қапшық бөлігі.*

**МЕСҚОБЫЗ** зат. муз. *Қазақтың ұлттық музыкалық үрлемелі аспабы.*

**МЕСМЕРИЗМ** зат. мед. *Сырқатты ешқандай дәрі-дәрмексіз, дуамен емдеу тәсілі.*

**МЕСНЕВИ** [ар. مثنوى] зат. әдеб. *Қосарланған өлең.*

**МЕССИЯ** зат. діни. *Христиандық пен иудаизмде зұлымдықтың көзін құртып, адам баласын одан аман алып қалуға Көктен жіберілген таңдаулы құтқарушы.*

**МЕССИЯЛЫҚ** сын. *Мессияға қатысты, мессияға тән.*

**МЕСТЕЙ** сын. *Жуан, семіз, торсиған.*

**МЕСТЕУ** сын. *Семіздеу, жуандау.*

**МЕСШЕ** үст. *Мес тәрізденіп, меске ұқсап.*

**МЕТ** сын. *Ірі, үлкен.*

**МЕТА**[1] [итал. meta] зат. экон. *Мәміле шартын білдіретін коммерциялық ұғым.*

**МЕТА**[2]**...** [грек. meta] терм. **1.** хим. *Қышқыл немесе изомерлер атауларында қолданылатын қосымша.* **2.** *Аралықты, бір істен кейін болатын реттілікті немесе басқа бір нәрсеге, күйге т.б. ауысуды білдіретін күрделі сөздердің алғашқы құрамбөлігі.*

**МЕТАБАЗИТТЕР** зат. геол. *Азды-көпті метаморфтанған негізді таужыныстарға қатысты қолданылатын жалпылама атау.*

**МЕТАБИОЗ** зат. биол. *Микроағзалардың арасындағы бір түрлерінің тіршілігі кезінде ортаға бөліп шығарған заттарды екінші бір түрлері үшін қоректік зат ретінде пайдаланатын қарым-қатынас.*

**МЕТАБЛАС** зат. *Таужыныс құрамында метабластез процесінде жаңадан қалыптасқан минерал түрлері.*

**МЕТАБЛАСТЕЗ** зат. геол. *Таужыныстың мигмалануы барысындағы өзгерістері.*

**МЕТАБОЛИЗМ** [грек. metabole] зат. биол. *Тірі ағзалардағы энергия және заттардың биохимиялық өзгеру үдерістерінің жиынтығы.*

**МЕТАБОЛИТ** [грек. metabole] зат. биол. *Жасушалық метаболизмнің аралық өнімі.*

**МЕТАБІЛІМ** зат. инф. <ағыл. metaknowledge> *Білімдер туралы білім.*

**МЕТАГАЛАКТИКА** зат. *Миллиардтаған галактикаларды біріктіретін ғаламдық жүйе.*

**МЕТАГЕНЕЗ** [грек. meta – сыртында, genesis – пайда болу] зат. геол. *Жер қыртысының біршама терең қойнауындағы бөлігінің құрылымдық өзгеріске ұшырауы.*

**МЕТАГРАММАТИКА** [ағыл. metagrammar] зат. лингв. *Басқа грамматиканың ережесін тудыратын грамматика.*

**МЕТАҒАЛАМ** зат. астр. *Бақылауларға қол жететін әлемнің кеңістігі.*

**МЕТАКОМПУЛЯТОР** [ағыл. metacompiler] зат. инф. *Метатілден аударушы.*

**МЕТАНАУПЛИС** зат. зоол. *Шаянтектестердің екінші дернәсілдік даму сатысы.*

**МЕТАЗИД** [грек. metazide] зат. мед. *Туберкулезге қарсы қолданылатын түсі ақшыл, ішуге жеңіл дәрі.*

**МЕТАИЗОМЕР** зат. хим. *Орынбасарлары мета жағдайында болатын, екі орын басылған бензолдың изомері.*

**МЕТАЛГЕНДІК** сын. геол. *Рудалы кендер таралуының геологиялық заңдылықтарына қатысты.*

**Металгендік карта**. геол. *Нақтылы аймақтың геологиялық ерекшеліктеріне байланысты рудалы пайдалы қазба кен орындарының заңдылықтарын көрсететін карталар.* **Металгендік талдау**. геол. *Пайдалы қазба кен орындарының орналасу заңдылықтарын анықтау үшін қолданылатын металгендік зерттеулер әдісі.*

**МЕТАЛГРАФИЯ** зат. **1.** *Металдың ішкі құрылымын зерттейтін ғылым саласы.* **2.** полигр. *Ойған я күйдірілген металл пластинкасынан басып бедер түсіріп алушылық.*

**МЕТАЛГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Металдар мен балқымалардың құрылымын анықтайтын аспап.*

**Металграфиялық микроскоп**. тех. *Металл беттерін шағылған жарықта қарауға арналған оптикалық аспап.*

**МЕТАЛДА=** ет. **1.** *Шірімейтіндей ету үшін ағаштың бойына темір немесе мыс тотияйынын сіңіру, металмен суару.* **2.** *Бір нәрсеге металдың жылтылдағыш қалпын беру.*

**МЕТАЛДАН=** ет. *Металға айналу.*

**МЕТАЛДАНДЫР=** ет. *Металға айналдыру.*

**МЕТАЛДАНДЫРҒЫШ** зат. тех. *Металдандырылатын бұйымның физика-химиялық және механикалық қасиеттерін өзгерту үшін оның беткі қабатын металдармен немесе қорытпалармен, жұқа қабатпен қаптау.*

**МЕТАЛДАНДЫРУ**[1] зат. хим. *Көміртекпен байланысқан сутек атомының металл атомымен тікелей орынбасуы арқылы жүретін химиялық реакция.*

**МЕТАЛДАНДЫРУ**[2] *Металдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТАЛДАУ**[1] зат. кен. хим. *Материалдарға бұлардың қасиеттеріне ұқсамайтын физика-химиялық және механикалық қасиет беру үшін бұйымдардың бетін металл немесе металқорытпалармен қаптау.*

**МЕТАЛДАУ**[2] *Металда етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТАЛДЫ** сын. *Металы бар, металы мол.*

**МЕТАЛДЫҚ** сын. *Металға тән, соған қатысты.*

**МЕТАЛЕПСИЯ** зат. хим. *Қаныққан көмірсутектердегі сутек атомдарының орнын галоген атомдарымен бірте-бірте орынбасу процестерінің жиынтығы.*

**МЕТАЛКЕСКІШ** зат. тех. *Металл кесетін аспап.*

**МЕТАЛКОРД** зат. хим. *Арнайы қаптауы бар болат сымдардан жасалған корд.*

**МЕТАЛКІРІКТІРУШІЛІК** зат. геол. *Нақтылы ауданда немесе нақты таужыныс құрамында рудалы кендер мен кен белгілерінің болуы.*

**МЕТАЛЛ** [лат. metallum] зат. хим. *Созымдылық, балқығыштық қасиеті бар, жылылық пен электр тоғын тез өткізетін химиялық элементтердің жалпы атауы.*

**Металдар балансы.** кен. *Белгілі бір уақыт ішінде байытылуға түскен минералды зат ішіндегі, одан алынған өнімдердегі металдардың теңе-теңдігі.* **Металдарды майсыздандыру**. кен. *Өңделетін металдың бетін майлы ластанудан тазарту.* **Металдардың желінуі**. хим. *Металл бұйымдар бетінің газ немесе сұйықтық ағынында, сондай-ақ механикалық әсерлердің немесе электр разрядтарының ықпалымен біртіндеп мүжілуі.* **Металдар физикасы**. кен. *Металдар мен қорытпалардың атомдық-кристалдық, ақаулық және гетерофазалық құрылымы, физикалық және химиялық қасиеттері зерттелетін физика саласы.* **Металл коррозиясы.** физ. *Металдардың сыртқы (коррозиялық) ортамен химиялық немесе электрхимиялық реакцияға түсуі салдарынан бүліну үдерісі.*

**МЕТАЛЛИДТЕР** зат. кен. *Екі немесе бірнеше металдардың химиялық қосылыстары.*

**МЕТАЛЛИСТ** зат. *Металл өнеркәсібінің жұмысшысы, металшы.*

**МЕТАЛЛОГЕНДІ** сын. кен. *Кеңістікте рудалы кендер таралуының геологиялық заңдылығына қатысты.*

**МЕТАЛЛОГЕНИЯ** зат. кен. *Кеңістікте рудалы кендер таралуының геологиялық заңдылығын зерттейтін ғылым саласы.*

**МЕТАЛЛОИД** зат. хим. *Күкірт, фосфор сияқты металл тегіне жатпайтын химиялық заттардың жалпы атауы.*

**МЕТАЛЛОФОН** зат. муз. *Серіппелі музыка аспаптары.*

**МЕТАЛЛОЦЕНДЕР** зат. хим. *Сэндвич тәрізді құрылған металл атомы циклопентадиенил сақинасының екі параллель жазықтығының арасында, барлық көміртек атомдарымен бірдей арақашықтықта орналасқан химиялық қосылыстар тобы.*

**МЕТАЛЛУРГ** зат. *Металлургия маманы.*

**МЕТАЛЛУРГИЯ** зат. **1.** *Металл өндіретін, оларды өңдейтін өнеркәсіп орны.* **2.** *Металдың өнеркәсіптік өндірісі туралы ғылым саласы.* **3.** терм. *Ғылымның, техниканың және өнеркәсіптің кеңнен немесе басқа материалдардан металл алу процестерін, сондай-ақ металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беру процестерін қамтитын саласы.*

**МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ** сын. *Металлургияға қатысты, металлургияға байланысты.*

**Металлургиялық өнімдер.** *Металлургиялық әдістермен алынатын заттардың, металдардың соңғы нәтижесі (өнімдері).* **Металлургиялық шаң.** кен. *Балқу пештерінің шикізат тиелетін жоғарғы жағынан шығарылған газдағы шаң.*

**МЕТАЛМЕТРИЯ** зат. геол. *Литогеохимиялық түсірілім.*

**МЕТАЛМЕТРЛІК** сын. геол. *Пайдалы қазбаларды іздеуге қатысты.*

**Металметрлік түсіру**. геол. *Пайдалы қазбаларды іздеудің геохимиялық әдісі.*

**МЕТАЛОГИКА** [грек. meta – кейін, logos – ілім] зат. терм. *Әртүрлі логикалық теориялардың құрылымы мен қасиетін зерттейтін логика саласы.*

**МЕТАЛОРГАНИКАЛЫҚ** сын. хим. *Металл атомы көміртек атомдарымен тікелей байланысқан.*

**Металорганикалық қосылыстар**. хим. *Молекуласында металл атомы көміртек атомдарымен тікелей байланысқан органикалық қосылыстар.*

**МЕТАЛПЛАСТАР** зат. хим. *Автомобиль жасауда, тұрмыстық техникалық өндірістерде, құрылыста және т.б. жерлерде қолданылатын полимер қабықшасымен қапталған металл беттерден құралған композициялық материалдар.*

**МЕТАЛПОЛИМЕРЛЕР** зат. хим. *Жылу және электрөткізгіш пластмасса бұйымдарды, статикалық электрді қайтаруға арналған құралдарды жасауға қолданылатын, құрамында ұнтақ немесе талшықты толтырғыштары бар пластмассалар.*

**МЕТАЛПРОТЕИНДЕР** зат. хим. *Құрамында байланысқан металл ионы бар күрделі нәруыздар.*

**МЕТАЛТАНУ** зат. хим. ғыл. *Металдың құрамы, құрылымы мен қасиеттері арасындағы байланысты, сондай-ақ әртүрлі сыртқы әсер кезінде олардың өзгерістерін зерттейтін ғылым саласы.*

**МЕТАЛТАНУШЫ** зат. хим. ғыл. *Металтану ғылымымен айналысатын зерттеуші маман.*

**МЕТАЛТЕРМДЕУ** зат. хим. ғыл. *Металл оксидтерін және басқа да қосылыстарды белсендірек металдармен тотықсыздандырып, металдарды алу тәсілі.*

**МЕТАЛҰСТАҒЫШ** зат. тех. *Кен ішіндегі кездейсоқ металды затты ұсатқышқа түсірмеу үшін қолданылатын қондырғы.*

**МЕТАЛХИМИЯ** зат. *Металдың химиялық қасиеттерін зерттейтін ғылым саласы, заттарға қатысты атау.*

**МЕТАЛШЫ** зат. *Металлургия өнеркәсібінің жұмысшысы.*

**МЕТАЛЬДЕГИД** зат. хим. *Қатты жанармай ретінде қолданылатын ацетальдегидтің полимері.*

**МЕТАМАТЕМАТИКА** зат. мат. *Формалдық жүйелер мен есептеулердің әртүрлі қасиеттерін зерттейтін теория.*

**МЕТАМӘЛІМЕТТЕР** зат. инф. <ағыл. metadata> *Мәліметтер банкінде сақталатын мәліметтер туралы ақпарат, мәліметтер туралы мәлімет.*

**МЕТАМОДЕЛЬ** [ағыл. metamodel] зат. инф. *Метатілде анықталған тұжырымдамаға негізделген мәліметтер моделі.*

**МЕТАМОРФИЗМ** [грек. metamorphoomal] зат. геол. *Тау жыныстарының температура және флюид кезіндегі қысымның әсерінен қатты фазалық минералдық және құрылымдық өзгеріс үдерісі.*

**Метаморфизм дәрежесі**. геол. *Метаморфизм сатысына не метаморфизм фациясына орайлас ұғым.* **Метаморфизм сатысы**. *Аймақтық метаморфизмнің қарқындылығын сипаттайтын ұғым.*

**МЕТАМОРФОЗА** [грек. metamorphosis] зат. биол. *Бір түрдің екінші түрге ауысуы, басқа нәрсеге ауысып кету әрекеті.*

**МЕТАМОРФОЗДАН=** ет. *Өзгеріске ұшырау, басқа түрге ауысу әрекеті.*

**МЕТАМОРФОЗДАНУ** *Метаморфоздан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТАМОРФТЫҚ** сын. геол. *Метаморфизм тән болған.*

**Метаморфтық кен орындары.** кен. *Таужыныстарының өзгеріске ұшырауы негізінде пайда болған кен шоғыры.* **Метаморфтық таужыныстар**. геол. *Минералдық құрамы, құрылымы мен бітімі түгелдей не түгелдей дерлік өзгерген шөгінді не магмалық таужыныстардың метаморфизмі (өзгеруі) нәтижесінде түзілген таужыныстар.*

**МЕТАН** [франц. methane] зат. хим. *Сазды жердің түссіз, иіссіз газы, көміртегі мен сутегінің қосылуынан пайда болған химиялық қоспа.*

**МЕТАНАЛЫМДЫЛЫҚ** зат. кен. *Көмір қаттарын газсыздандыру және газ қаптажы кезінде одан алынуы мүмкін газ мөлшері.*

**МЕТАНАЛЬ** зат. хим. *Оңай полимерленетін қарапайым альдегид.*

**МЕТАНЕФРИДИЯ** зат. *Құрттар, былқылдақденелілер және кейбір буынаяқтылардың түтікше пішінді зәр шығару мүшесі.*

**МЕТАНОЛ** зат. хим. *Қарапайым алифаттық спирт.*

**МЕТАНТЕНК** зат. хим. *Органикалық қалдықтарды биогазға айналдыруға арналған реактор.*

**МЕТАОРЫН** зат. хим. *Бензол сақинасында көміртектің бір атомы арқылы екі орынбасушылардың орналасуы.*

**МЕТАСИМВОЛ** [ағыл. metacharacter] зат. *Синтаксистік қызметті, нұсқауды және қосалқы мақсатты орындауға пайдаланылатын символ.*

**МЕТАСКОП** [ағыл. metascope] зат. *Инфрақызыл сәулелену көзін анықтауға арналған құрал.*

**МЕТАСОМАТИТ** зат. геол. *Метасоматоздық өзгеріс нәтижесінде қалыптасатын таужынысының жиынтық атауы.*

**МЕТАСОМАТОЗ** зат. геол. *Негізінен таужыныстарға тән кеуектер мен қуыстарда жаппай ұшырасатын ерітінділермен әрекеттесуі нәтижесінде сол таужыныстардың қатты күйін сақтай отырып, химиялық өзгерістерге ұшырау үдерісі.*

**МЕТАСОМАТОЗДЫҚ** сын. геол. *Метасоматоз тән болған.*

**Метасоматоздық граниттену**. геол. *Реакциялық және диффузиялық типті кремнийлі-сілтілі метасоматоздық орын басу процесінде таужыныстардың балқымай граниттелуі.* **Метасоматоздық гранит түзілу.** геол. *Кремнийлі-сілтілі метасоматоз бен метасоматоздық граниттену процесінде гранитоидтердің қалыптасуы.*

**МЕТАСТАЗ** [грек. metastasis] зат. мед. *Адам бойындағы кесел зардабының дененің басқа жерлеріне де таралуы.*

**МЕТАСТИРОЛ** зат. хим. *Стирол полимері.*

**МЕТАТАНЫМДЫҚ: метатанымдық дағдылар.** пед. *Жалпы оқулық, пәнаралық танымдық дағдылар.*

**МЕТАТАПСЫРМА** [ағыл. metatast] зат. инф. *Сараптау жүйесіндегі тапсырма жиынын шешу тәртібі туралы тапсырма.*

**МЕТАТЕЗА** [грек. metathesis] зат. лингв. *Бір сөз ішіндегі дыбыстардың орын алмасу құбылысы.*

**МЕТАТЕОРИЯ** [грек. meta – кейін, theoria – бақылау] зат. *Белгілі бір теорияның құрылымы мен әдісіне талдау жасайтын ілім.*

**МЕТАТОНИЯ** [грек. meta – кейін, tonos – екпін] зат. лингв. *Интонацияның кез келген позицияда өзгеруі.*

**МЕТАТРОФТАР** зат. биол. *Тірі ағза денесінде тіршілік етуге бейімделген паратрофтар сияқты түрлері бар, сапрофитермен, өлі органикалық заттармен қоректенетін гетеротрофты микроағзалар.*

**МЕТАТҰЖЫРЫМ** зат. пед. *Таным ісіне іштей тән, кез келген оқу пәніне қолданылатын жалпы түсінік.*

**МЕТАТІЛ** зат. лингв. **1.** *Тілдер арасындағы типологиялық айырымдарды сипаттайтын әдіс.* **2.** *Басқа тілдерді сипаттау үшін пайдаланылатын тіл.*

**МЕТАФАЗА** [грек. metaphases] зат. биол. *Жыныс жасушалары бөліну үдерісінің митоз бен мейоздың профазадан кейінгі екінші кезеңі.*

**МЕТАФАЗАЛЫҚ** сын. биол. *Метафазаға қатысты, соған тән.*

**МЕТАФАЙЛ** зат. инф. *Ішінде басқа файлы бар немесе басқа файлдарды анықтайтын файл.*

**МЕТАФИЗИК** [лат. metaphysica] зат. филос. *Метафизикалық философияны қуаттаушы, метафизикалық тәсілді қолданушы.*

**МЕТАФИЗИКА** [грек. metata – кейін, physika – физика] зат. филос. **1.** *Табиғат пен қоғамның құбылыстарын бір-бірінен бөліп алып, бір орыннан қозғалмай, қатып қалған күйінде зерттейтін реакциялық әдіс.* **2.** *Болмыстың бастапқы негізі, әлемнің мәні, адам тәжірибесі арқылы тануға келмейтін заттар (құдай, жан т.б.) туралы қияли пікір.*

**МЕТАФИЗИКАЛЫҚ** сын. *Метафизикаға тән, соған қатынасты.*

**МЕТАФОРА** [грек. metaphora] зат. филол. *Сөздің, сөйлемнің ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылуы.*

**МЕТАФОРАЛАН=** ет. *Сөздің ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылып, метафораға айналуы.*

**МЕТАФОРАЛАНУ** *Метафоралан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТАФОРАЛЫ** сын. әдеб. *Бейнелі, ауыспалы мағынадағы сөз.*

**МЕТАФОРАЛЫҚ** сын. әдеб. *Метафораға қатысты, соған тән.*

**МЕТАФОС** зат. хим. *Тозаң тәрізді ақшыл сұр, улы химикат.*

**МЕТАФОСФАТ** зат. хим. *Минералды тыңайтқыш.*

**МЕТАФРАЗА** [грек. metaphrasis] зат. *Әдеби мәтін мазмұнының дәл берілуі.*

**МЕТАЭТИКА** зат. филос. *Моральдік тілдің гносеологиялық және логикалық табиғатының проблемалары жасалатын этиканың тарауы.*

**МЕТЕЙ** зат. жерг. *Ағаштан жасалған кішкене күбі, ыдыс.*

**МЕТЕЛ: метел қылды.** жерг. *Кесел жасады.*

**МЕТЕМПСИХОЗ** [грек. metempsychosis] зат. филос. *Жанның басқаға көшетіндігі туралы ілім.*

**МЕТЕН** зат. жерг. *Бидайдың топаны.*

**МЕТЕОПАТИЯ** зат. биол. *Үйреншікті климатта ауа райының өзгеруіне байланысты ағза күйінің өзгеруі.*

**МЕТЕОР** [грек. meteoros] зат. **1.** астр. *Аққан жұлдыз, ғарыштан жер атмосферасына енетін заттардың жарқырауы.* **2.** ауыс. *Бір амалдың, әрекеттің, адамның жай түскендей, аққан жұлдыздай пайда болып, артынша өте тез жоқ болуы.*

**МЕТЕОРДАЙ** сын. *Метеор сияқты, метеор тәрізді.*

**МЕТЕОРИТ** [франц. meteorite] зат. астр. *Аспан әлемінен, ғарыштан орасан зор жылдамдықпен жерге келіп түскен физикалық дене.*

**Метеорит жаңбыры.** астр. *Жерге бір мезгілде метеориттің көптеп түсуі.*

**МЕТЕОРЛЫҚ** сын. *Метеорға қатысты, соған тән.*

**МЕТЕОРОГРАФ** [грек. meteora – атмосфера, grapho – жазамын] зат. тех. *Ауаның температурасы мен қысымын автоматты түрде жазып алатын құрал.*

**МЕТЕОРОЛОГ** [грек. meteora – атмосфера, logos – ілім] зат. *Метеорология маманы, синоптик, есепші.*

**МЕТЕОРОЛОГИЯ** [грек. meteora – атмосфера, logos – ілім] зат. терм. *Ауа райы мен басқа да атмосфералық құбылыстарды зерттейтін ғылым саласы.*

**МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Ауа райына, метеорологияға қатысты, байланысты.*

**Метеорологиялық алаң**. *Ауа райын болжайтын құралдары бар орын.*

**МЕТЕОСТАНСЫ** зат. терм. *Метеорологиялық зерттеулер жүргізетін стансы.*

**МЕТЕОРША** үст. *Метеорға ұқсап.*

**МЕТИЗАЦИЯ** [франц. metisation] зат. биол. *Тұқымын асылдандыру мақсатымен хайуанаттың не өсімдіктің белгілі тұқымдарын будандастыру тәсілі.*

**МЕТИКАЛ** зат. экон. *Мозамбик елінің ақша өлшемі.*

**МЕТИЛ** [франц. methyle] зат. хим. *Органикалық қосындылардың құрылымына кіретін көмір тобы.*

**Метил спирті.** хим. *Көмір тегінің бір атомы мен сутегінің үш атомының қосындысынан тұратын химиялық зат; спирт.*

**МЕТИЛАМИН** зат. хим. *Біріншілік алифаттық амин.*

**МЕТИЛАЦЕТАТ** зат. хим. *Сірке қышқылының метил эфирі.*

**МЕТИЛБЕНЗОЛ** зат. хим. ***Толуол.***

**МЕТИЛБУТАДИЕН** зат. хим. *Изопрен, тармақталған диенді көмірсутек.*

**МЕТИЛДЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылысқа метил тобын енгізудің химиялық реакциясы.*

**МЕТИЛДІ** сын. хим. *Метилі бар.*

**Метилді көгілдір.** хим. *Фенотиазиннің туындысы.*

**МЕТИЛЕИХЛОРИД** зат. хим. *Еріткіш, мұздатқыш және т.б. ретінде қолданылатын хлор туындысы.*

**МЕТИЛЕН** [франц. methylene] зат. хим. *Бос радикал.*

**Метилен көгі.** хим. *Қошқыл-жасыл түсті кристалды ұнтақ, кейде қошқыл-жасыл қола түстес жылтыр кристал күйінде де кездесетін антисептикалық зат.*

**МЕТИЛМЕРКАПТАН** зат. хим. *Жанармайлар үшін, соның ішінде тұрмыстық газда одорант ретінде қолданылатын алифаттық қатардағы қарапайым меркаптан.*

**МЕТИЛМЕТАКРИЛАТ** зат. хим. *Органикалық шыныларды және басқа полимерлерді алу үшін шикізат ретінде қолданылатын күрделі эфир.*

**МЕТИЛОРАНЖ** зат. хим. *Индикатордың бір түрі.*

**МЕТИЛХЛОРИД** *Бутилкөксағыз өндірісінде метилдеуші агент және т.б. ретінде қолданылатын метанның хлор туындысы.*

**МЕТИЛЦЕЛЛЮЛОЗА** зат. хим. *Термопласт, эмульсиялық бояғыштар және тамақ өнімдерінің қоюландырғышы ретінде, медицинада, су ұстайтын қабілетінің реттеушісі және т.б. ретінде қолданылатын құрамында целлюлозаның метил эфирлері бар заттардың қоспасы.*

**МЕТИЛЭТИЛКЕТОН** *Лактар және желімдер еріткіші ретінде жене т.б. жерлерде қолданылатын кетондар класына жататын химиялық қосылыс.*

**МЕТИОНИН** зат. мед. *Бас ауырғанда, қан азайғанда, ағзада ақуыз жетіспегенде қолданылатын дәрі.*

**МЕТИС** [франц. metis] зат. *Нәсіларалық некеден пайда болған будан, араласқанды ұрпақ.*

**МЕТИСТЕН=** ет. *Әртүрлі нәсілден туылу, аралас қанды болу.*

**МЕТКЕЛ**[1] зат. *Дөрекі тоқылған мата.*

**МЕТКЕЛ**[2] зат. жерг. *Өсімдік атауы.*

**МЕТКЕТОН** зат. *Мақта-матадан тоқылған кездеме, кендір жіпті мата.*

**МЕТОД** зат. ***Әдіс.***

**МЕТОДИКА** зат. пед. ***Әдістеме.***

**МЕТОДИКАЛЫҚ** сын. ***Әдістемелік.***

**МЕТОДИСТ** зат. ***Әдіскер.***

**МЕТОДОЛОГ** зат. ***Әдіснамашы.***

**МЕТОДОЛОГИЯ** [грек. metodos – таным жолы, logos – ілім] зат. ***Әдіснама.***

**МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ** сын. ***Әдіснамалық.***

**МЕТОЛ** [франц. metol] зат. хим. *Ароматтық аминдер тобына жататын химиялық қосылыс.*

**МЕТОНИМИКАЛЫҚ** сын. филол. *Метонимия тұрғысынан, метонимияға лайықтап.*

**МЕТОНИМИЯ** [грек. metonymia] зат. филол. *Екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына, көршілестігіне қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі.*

**МЕТР**[1] [франц. metre] зат. *Халықаралық ұзындық өлшемнің 100 см-ге тең бірлігі.*

**МЕТР**[2] [грек. metron] зат. муз. *Музыкада күшті және әлсіз дыбыстардың алмасып келу тәртібі.*

**МЕТРАЖ** [франц. metrage] зат. *Бір нәрсенің метрмен өлшенген мөлшері, шамасы.*

**МЕТРАЖДЫ** сын. *Метрмен өлшенген, мөлшері белгіленген.*

**МЕТРДЕЙ** сын. *Метрге жуық, метр шамасындағы.*

**МЕТРДОТЕЛЬ** [франц. maitire d' hotel] зат. *Мейрамханадағы, қонақүйдегі бас даяшы.*

**МЕТРИКА**[1] [грек. metron] зат. әдеб. *Өлең өлшемі және ырғағы туралы ілім.*

**МЕТРИКА**[2] [польск. metryka] зат. совет. *Туылғандығы жөніндегі куәлік, туу туралы куәлік.*

**МЕТРИКАЛЫҚ** сын. әдеб. *Метрикаға қатысты, метрикаға жататын.*

**Метрикалық есеп.** тех. *Кескіндері бойынша фигураның нақты шамасын анықтауға берілген есеп.* **Метрикалық кеңістік**. мат. *Метрика енгізілген жиын.*

**МЕТРИТ** [грек. metra] зат. мед. *Жатырдың қабынып ауруы.*

**МЕТРЛЕ=** ет. *Метрмен өлшеу.*

**МЕТРЛЕТ=** ет. *Метрмен өлшету.*

**МЕТРЛЕТУ** *Метрлет етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТРЛЕУ** *Метрле етістігінің қимыл атауы.*

**МЕТРЛІК** сын. *Метр боларлық, метрге тән, метр шамасында.*

**Метрлік жүйе.** физ. *Метрді өлшем бірлігі етіп қабылдағандық; таразының метрлік халықаралық жүйесі.*

**МЕТРО** зат. *Ірі қалалардағы жер астында салынған электр теміржолы және сол жолда жүретін электр пойызы, метрополитен.*

**МЕТРОЛОГ** зат. *Метрология маманы, метрология ғалымы.*

**МЕТРОЛОГИЯ** [грек. metron – өлшем, logos – сөз, ілім] зат. терм. *Өлшеу туралы, өлшеудің біркелкілігі мен қажетті дәлдікке жету тәсілдері туралы ғылым.*

**МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Метрологияға қатысты, соған тән.*

**МЕТРОЛПАЖ** зат. полигр. *Мерзімді баспасөзді шығаруға қатысатын қызметкер.*

**МЕТРОНОМ** [грек. metro – өлшем, nomos – заң] зат. **1.** физ. *Қысқа мезгілдің арасын дәл көрсететін механикалық аспап.* **2.** муз. *Музыкадағы қарқынды өлшеп, белгілегенде қолданылатын аспап.*

**МЕТРОПОЛИТЕН** [франц. metropolitain] зат. *Жер астында немесе эстакадада салынған, жолаушылар таситын қалалық электр теміржол жүйесі.*

**МЕТРОПОЛИЯ** [грек. metropolis] зат. саяси. *Басқа елдерді басып алып билеуші отаршыл мемлекет.*

**МЕТРОШЫ** зат. *Метроны салушы жұмысшы, метро қызметкері, метрополитен құрылысшысы.*

**МЕТІЛ** зат. кәс. жерг. *Аудың, сүзекінің көзі.*

**МЕТІН** зат. жерг. *Кетпеннен гөрі кішілеу, шот тәрізді құрал.*

**МЕФОЛИН** зат. мед. *Ағзадағы зат алмасуын бір қалыпқа келтіретін дәрі.*

**МЕХ** ор. зат. сөйл. *Ішік, жаға т.б. тігуге жарататын бағалы тері.*

**МЕХТЫҚ** сын. сөйл. *Мехқа жарайтын.*

**МЕХАНИЗАТОР** зат. *Механикалық техника тілін білетін маман.*

**МЕХАНИЗАТОРЛЫҚ** сын. *Механизаторға қатысты, механизаторға тән.*

**МЕХАНИЗАЦИЯ** [грек. mechane] зат. **1.** *Механикаландыру жүйесі.* **2.** әск. *Әскерді бронды соғыс мәшинесімен, соғыс техникасымен жабдықтау.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛА=** ет. *Қолмен істейтін жұмысты мәшинемен істейтіндей ету, мәшинелендіру.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛАН=** ет. *Мәшинемен істеліну.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛАНУ** *Механизациялан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛАТ=** ет. *Мәшинемен істейтіндей еткізу.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛАТУ** *Механизациялат етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИЗАЦИЯЛАУ** *Механизациялa етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИЗМ** [грек. mechane] зат. **1.** *Мәшинені қозғалысқа келтіретін күш, тетік, мәшиненің ішкі құрылысы, оның бөлшегі.* **2.** *Мәшине, техника.* **3.** ауыс. *Мемлекеттің ішкі құрылысы, жүйесі.*

**Механизмдер кинематикасы.** физ. *Механизмдер қозғалысының геометриялық жағын зерттейтін механизмдер теориясының тарауы.*

**МЕХАНИЗМСІЗ** сын. *Механизмнің қатысынсыз.*

**МЕХАНИК** [грек. mechanike] зат. *Механика маманы.*

**МЕХАНИКА** [грек. mechanike] зат. **1.** физ. *Денелерді механикалық қозғалысқа келтіретін техника саласы.* **2.** ауыс. *Құрылысы күрделі қиын механизм.*

**МЕХАНИКАЛАН=** ет. *Қол еңбегінің орнына мәшинені пайдалану, механиканы қолдану.*

**МЕХАНИКАЛАНДЫР=** ет. *Қол еңбегінің орнына мәшинені пайдаландыру.*

**МЕХАНИКАЛАНДЫРУ** *Механикаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Механиканың қолданылуы, мәшинелендірілу.*

**Механикаландырылған жылжымалы шеген**. кен. *Бүйір таужыныстарын ұстауға, тазартып алынатын қазбаларды қауіпсіз және жұмыс жағдайында сақтауға, шеген орнату жұмыстарын механикаландыруға және ұңғубет конвейерлерінің жылжуы мен қазба төбесін басқаруға арналған тазарту кешендері мен агрегаттарының жылжымалы шегені.*

**МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛУ** *Механикаландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИКАЛАНУ** *Механикалан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХАНИКАЛЫ** зат. *Механикаға негізделген.*

**МЕХАНИКАЛЫҚ** сын. *Механикаға қатысты, механиканы қамтитын.*

**Механикалық байланыс.** *Механикалық жүйенің орнына немесе қозғалысына қойылатын шектеу.* **Механикалық есте қалдыру.** психол. *Зат пен құбылыс атауларының ішкі білдірер мағынасын түсінбей-ақ жай қайталау арқылы есте сақтау.* **Механикалық залалсыздандыру.** терм. *Тазалық жұмыстарын жүргізу.* **Механикалық импульс.** физ. *Материалдық нүктенің массасы мен жылдамдығының көбейтіндісіне тең және жылдамдық векторымен бағыттас шама болып табылатын механикалық қозғалыстың өлшеуіші.* **Механикалық сұрыптау.** кен. *Кендегі минерал кесектері түстерінің, жылтырлығының, сәуле шағылдырудың және радиобелсенді қасиеттерінің арасындағы айырмашылықтарына негізделген сұрыптау.* **Механикалық ұстара.** *Пышақ блогынан және тұрық ішіндегі серіппелі механизмнен тұратын ұстара.*

**МЕХАНИКТІК** сын. *Механикаға тән, қатысты. // Механик қызметі.*

**МЕХАНИСТ** зат. филос. *Механизмді жақтаушы.*

**МЕХАНИСТІК** сын. филос. *Механизмге қатысты, соған тән.*

**МЕХАНИЦИЗМ** зат. филос. *Әлемнің неше алуан амалдарын механиканың жай заңына апарып тірейтін, диалектика заңына қарсы ілім.*

**МЕХАНОГОМИЯ** зат. криминол. *Адамның денесінің, оның киімінің, аяқкиімінің ерекшеліктерін бейнелеп көрсететін, іздерді кешенді зерттейтін трасология бөлімі.*

**МЕХАНОСКОПИЯ** зат. криминол. *Суық қарулардың, құрал-саймандар мен механизмдердің іздерін танып білетін трасология бөлімі.*

**МЕХАНОТРОНИКА** зат. инф. *Компьютерді пайдалану бағыты.*

**МЕХАНОХИМИЯ** зат. хим. *Химиялық процестердің жүруіне механикалық әсерін және заттардың физика-химиялық қасиеттерін зерттейтін химияның бөлімі.*

**МЕХӘТЕШ** зат. окказ. *Оятқыш сағат.*

**МЕХНАТ** [ар. محنت] зат. *Ауыр азап, бейнет, қиыншылық.*

**Мехнат кешті.** *Азап көрді, бейнеттенді.* **Мехнат көрді.** *Бейнет көрді, азаптанды.* **Мехнат шекті.** *Азап көрді, бейнеттенді.*

**МЕХНАТСЫЗ** сын. *Бейнетсіз, азапсыз.*

**МЕХНАТТАН=** ет. *Мехнат шегу, азаптану, бейнеттену.*

**МЕХНАТТАНДЫР=** ет. *Мехнат шектіру, азаптандыру.*

**МЕХНАТТАНДЫРУ** *Мехнаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХНАТТАНУ** *Мехнаттан етістігінің қимыл атауы.*

**МЕХНАТТЫ** сын. *Бейнеті көп, азабы бар.*

**МЕХНЕТ** зат. сөйл. ***Мехнат.***

**МЕХРАБ** зат. сөйл. ***Михраб.***

**МЕЦЕНАТ** зат. *Ғылым мен көркемөнердің жомарт қамқоршысы.*

**МЕЦЕНАТТЫҚ** сын. *Қамқорлық етуге негізделген.*

**МЕЦЦО-СОПРАНО** зат. муз. *Ән салушы әйелдің орта дәрежелі дауысы.*

**МЕШ**[1] зат. тех. *Елеуге қолданылатын қалбыр тесігінің мөлшерін бағалайтын өлшем.*

**МЕШ**[2] [ағыл. mesh] зат. сөйл. *Шағын темір пеш.*

**МЕШЕЛ**[1] зат. **1.** *Адам ағзасында әк тұзының жеткіліксіздігінен сүйектердің дұрыс өспеуінен болатын ауру; рахит.* **2.** ауыс. *Артта қалған, мешеу адам.*

**МЕШЕЛ**[2] зат. жерг. *Жайын балықтың ұсақ түрі.*

**МЕШЕЛДЕЙ** сын. *Мешел сияқты, мешел тәрізді.*

**МЕШЕЛДЕН=** ет. *Мешелге айналу.*

**МЕШЕЛДЕНУ** *Мешелден етістігінің қимыл атауы.*

**МЕШЕЛДІК** зат. **1.** *Мешел болушылық, мешел ауруына шалдығушылық.* **2.** ауыс. *Артта қалушылық, мешеулік.*

**МЕШЕР** зат. жерг. *Қойдың ауруы.*

**МЕШЕУ** сын. *Артта қалған, дамымаған.*

**Мешеу қалды.** *Кейін қалды, дамымады.*

**МЕШЕУДЕЙ** сын. *Мешеу сияқты, мешеу тәрізді.*

**МЕШЕУ-КЕШЕУ** сын. сөйл. ***Мешеу.***

**МЕШЕУЛЕ=** ет. *Артта қалу, кенде қалу, кейіндеу.*

**МЕШЕУЛЕН=** ет. *Артта қалу, кейінделу.*

**МЕШЕУЛЕНУ** *Мешеулен етістігінің қимыл атауы.*

**МЕШЕУЛЕУ**[1] сын. *Аздап мешеу, дамыңқырамай қалған.*

**МЕШЕУЛЕУ**[2] *Мешеуле етістігінің қимыл атауы.*

**МЕШЕУЛІК** зат. **1.** мед. *Ересек адамдарда әртүрлі ауру-сырқауға байланысты, яғни ағзаның жетілмеуінен жан қуаттарының сәбилік шаққа тән белгі, қасиеттерінің сақталуы.* **2.** ауыс. *Мешеу болушылық, артта қалғандық, дамымағандық.*

**МЕШКЕЙ** зат. *Тамақты көп жейтін, тойымсыз, обыр.*

**МЕШКЕЙДЕЙ** сын. *Мешкей сияқты, мешкей тәрізді.*

**МЕШКЕЙЛЕУ** сын. *Тамақты көбірек жейтін, тойымсыздау.*

**МЕШКЕЙЛІК** зат. *Мешкей болушылық, жегіштік; обырлық.*

**МЕШПЕТ** зат. сөйл. ***Бешпет.***

**МЕШТЕЙ** сын. сөйл. *Меш сияқты, меш тәрізді.*

**МЕШОК** зат. сөйл. *Қап.*

**МЕШІН**[1] зат. **1.** көне. ***Маймыл.*** **2.** астр. *Ескіше жыл қайырудағы тоғызыншы жылдың аты.*

**Мешін жұты.** *Тігерге тұяқ қалмайтын қатты жұт.* **Мешін жылы.** *Қой жылынан кейін, тауық жылынан бұрын келетін мүшел есебінің тоғызыншы жылы.*

**МЕШІН**[2] зат. *Суда жүретін қоңыз.*

**МЕШІТ** [ар. مسجد] зат. діни. *Мұсылмандардың намаз, Құран оқуға жиналатын, Құдайға сиынатын орны.*

**Мешіттің сәлем намазы [мешіт ақысы].** діни. *Мешітке кірген кезде оқылатын, екі ракағатты нәпіл намаз.*

**МЕШІТСІЗ** сын. *Мешіті жоқ, мешіттің қатысынсыз.*

**МЕЩАН** ор. зат. *Ой-өрісі тар, ұсақ мүдделі адам, тоғышар.*

**МЕЩАНДЫҚ** сын. *Ой-өрістің таяздығы; тоғышарлық.*

**МИ** зат. <лат. encerphalon> **1.** биол. *Ағзадағы барлық мүшелер жүйелерінде жүретін үдерістерді үйлестіруші, реттеуші және басқарушы жүйке жүйесінің ең басты мүшесі.* **2.** ауыс. *Ақыл, ой, сана.*

**Ми бағаны.** анат. *Жұлыннан келетін өткізгіш жолдарды жалғастыратын ми бөлігі.* **Ми биотоктары.** биол. *Әлсіз электр тогінің мидағы өрісі.* **Ми блоктары.** анат. *Күрделі жан қуатының ми жартышарындағы интеграциялық құрылымының моделі.* **Ми бүркемесі.** анат. <лат. pallium> *Жоғары дәрежелі жүйкелік орталықтар орналасқан ми жабыны.* **Миға [миына] кірмеді [енбеді, қонбады].** *Ұқпады, түсінбеді.* **Миға [миына] қонды.** *Ақылға кірді, көкейге қонды, ұғынды, түсінді.* **Миды шырмады.** жерг. *Ойы кетті, назары ауды.* **Ми [миы, миына] жетті.** *Ақылы жетті, білді.* **Ми жоқ.** *Ақылсыз, мисыз, парасаты жоқ, мисқыла.* **Ми жұмысы.** *Ақылмен, есеппен ой жүгірту арқылы атқарылатын іс, шығармашылық, қаламгерлік еңбек.* **Ми жүгіртті.** *Ойлады, ойланды, байыбына барды.* **Ми кептірді.** *Бас қатырды, әуре қылды.* **Мидың шайқалуы.** мед. *Мидың жұмыс қабілетін бұзатын, басқа тиген соққының әсерінен болатын ауыр жарақат.* **Ми көпірі.** анат. <лат. pons> *Ми табанында көлденең орналасқан қомақты, жуандау құрылым.* **Ми күмбезі.** анат. <лат. fornix> *Гиппокампты аралық мидың емізікше денесімен байланыстыратын өткізгіш жол.* **Ми қабығы.** анат. <лат.meninges> *Ми мен жұлынды қаптап жатқан қабық.* **Ми қайнар [қайнатар].** *Аспан айналып жерге түскендей ыстық.* **Ми қайнатты.** *Өте ыстық болды, қатты ысыды.* **Ми сауыты.** анат. <лат. cranium cereprale> *Төрт жұп және төрт тақ бас сүйектерден тұратын ми қорабының қабырғасын түзетін бас қаңқасының сүйектері.* **Ми суағары.** анат. <лат. aqueductus mesencephalis> *Ортаңғы мидың төрт төмпегі мен үлкен ми аяқшасының аралығында орналасып, аралық мидағы үшінші ми қарыншасын, ромб тәрізді мидағы төртінші ми қарыншасын жалғастыратын суағар өзек.* **Ми сыңарлары.** анат. *Оң жақ, сол жақ деп аталатын мидың екі бөлігі.* **Ми толмады.** *Ақыл-ойы жетілмеді.* **Ми шарбақ.** анат. <лат. claustrum> *Жолақты дененің ақ заты – сыртқы капсуладан кейін орналасқан жолақты дене ядросы.* **Миы айналды.** *Басы қатты, шатасты.* **Миы алмайтын.** *Ақыл-есі орнында емес, еш нәрсені жөнді түсіне алмайтын, есуастау.* **Миы аузына түсті [құйылды].** *Басы қатты соғылды, зырқ ете қалды.* **Миы ашыды.** *Басы қатты, сенделді, мең-зең болды.* **Миы бар.** *Есі дұрыс, ақылды.* **Миы жетпеді.** *Әры ойлап, бері ойлап, ой ұшығына жетпеді; есебін таба алмады, ақылы жетпеді.* **Миы қатты.** *Не істерін білмей дағдарды, дал болды, қатты толғанды, мең-зең сенделді.* **Миына енді.** *Ақылына қонды, түсінді.* **Миына қонды.** *Түсінерліктей, ұғынарлықтай болды.* **Миына құйды.** *Ұғындырды, түсіндірді.* **Миына сыймады.** *Ақылына қонбады, миы жетпеді.* **Миына сіңді.** *Жете ұғынды, түсінді.* **Миына ұрды.** *Басын қатырды.* **Миын ашытты.** *Басын қатырды, есін шығарды.* **Миын жеді.** *Қайталап айта беріп, миын ашытты, ақылынан адастырды.* **Миын су қылды.** *Басын қатырды, шатастырды.* **Миын шұқыды.** *Қайта-қайта айтып, мезі етті, ызыңдап қоймады, мазасын алды, миын жеді.* **Миыңды қашайды.** *Маза таптырмайды, әсіре мазалайды.* **Миы сау.** *Миы жұмыс істеп тұр, ақыл-есінен айырылмаған.* **Миы шатасты.** *Басы қатып кетті, миы ашыды.*

**МИ**[2] зат. *Батпақты, балшықты жер, ұйық, тартпа.*

**Ми балшық.** *Езіліп жатқан батпақ.* **Ми қылып жіберді.** *Езіп жіберді, мыжыды.* **Миы шықты.** *Жер әбден батпақтанып, езілді, батпақ болды.*

**МИ**[3] зат. муз. *«До»-дан басталатын сазды гамманың үшінші дыбысы, сондай-ақ сол дыбыстың нотасы.*

**МИАЗМА** [грек. miasma] зат. *Іріп-шіріген заттың булануынан пайда болатын улы газ, ауру.*

**МИАЛГИЯ** зат. *Бұлшық еттің сырқырап ауыруы, кей аурудың бір белгісі.*

**МИЯСАР** зат. көне. *Қару-жарақ соғатын ұста.*

**МИАСТЕНИЯ** зат. *Бұлшық еттің әлсіздігі, бірқатар аурулардың бір белгісі.*

**МИБАТПАҚ** зат. *Езіліп жатқан қалың батпақ.*

**Мибатпаққа батты.** *Жамандыққа ұрынды.*

**МИГМА** [грек. migma] зат. геол. *Интрузия немесе кіріңді түрінде кірігетін, алайда толық балқымаған таужыныс кесектері мен түйірлері болатын силикатты балқыма.*

**МИГМАЛАН=** ет. *Мигматиттер қалыптасатын өзгеру.*

**МИГМАЛАНУ** *Мигмалан етістігінің қимыл атауы.*

**МИГМАТИТ** [грек. migmatos] зат. геол. *Таужыныс кесегі мен түйірлері есебінен қалыптасқан күрделі құрамды таужынысы.*

**МИГРАНТ** [лат. migrans] зат. кіт. *Көшінді.*

**МИГРАЦИЯ** [лат. migratio] зат. әлеум. **1.** *Халықтың бір жерден екінші жерге көшуі, қоныс аударуы.* **2.** зоол. *Тіршілік жағдайының өзгеруіне байланысты жануарлар мен құстардың қоныс аударуы, басқа жерге баруы.* **3.** экон. *Пайданың мол түсуін қуып, капиталдың бір елден басқа бір елге, өнеркәсіптің бір тарауынан басқа бір тарауына ауысқандық.*

**Миграция жөңкілі [тасқыны].** *Жөңкіле көшіп-қону.*

**МИГРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Миграцияға қатысты, соған тән.*

**МИГРЕНЬ** [франц. migraine] зат. мед. *Бас ауырып, жүректі айнытатын жүйке ауруы, бастың сақинасы.*

**МИҒРАЖ** зат. діни. *Мұхаммед пайғамбардың Көкке көтеріліп, Алла тағаламен сөйлескен түні, мұсылмандардың қасиетті төрт түнінің екіншісі.*

**Миғражға шыққандай.** бейн. *Рухы көтеріліп, ерекше асқақ сезімге бөленгендей.* **Миғраж түні**. діни. *Мұхаммед пайғамбардың Алла тағаланың алдына барған түні.*

**МИҒҰЛА** сын. *Ақылсыз, мисыз, су ми.*

**Миғұла болды**. *Мең-зең сенделді, басы қаңғыды.*

**МИҒҰЛАДАЙ** сын. *Миғұла сияқты, миғұла тәрізді.*

**МИҒҰЛАЛЫҚ** зат. *Миғұла болушылық, ақылсыздық, мисыздық, есуастық.*

**МИДА** сын. көне. *Быт-шыт, күл-парша.*

**МИДАЙ** сын. *Ми тәрізді, ми сияқты.*

**МИДАЙ: мидай дала.** *Кең, жазық дала, құла дүз, елсіз жазық.* **Мидай езілді.** *Әбден шыланды, ми батпаққа айналды.* **Мидай жазық.** *Біркелкі, біртегіс құла дүз.*

**МИЕЛИН: миелин қабықшасы**. анат. <лат. plasmolemma myelini> *Миелинді жүйе талшықтарының ортаңғы қабықшасы.*

**МИЕЛИНДЕН** [грек. myelos] **=** ет. биол. *Жүйке қабығы талшығының жұмсақ затпен қапталуы.*

**МИЕЛИНДЕНУ** *Миелинден етістігінің қимыл атауы.*

**МИЕЛИТ** зат. мед. **Жұлынның қабынуы.**

**МИЕЛОБЛАСТ** [грек. myeloblastus] зат. анат. *Сүйектің қызыл кемігі майында орналасқан жас қан жасушасы.*

**МИЕЛОИДТІ** [грек. myelos – сүйек, edios – түр]**: миелоидті ұлпа**. анат. *Сүйектің қызыл кемігі майындағы қан түзу үдерісін жүзеге асыратын ұлпаның бір түрі.*

**МИЕЛОПОЭЗ** зат. биол. *Сүйектің қызыл кемігі майындағы қан түзу үдерісін жүзеге асыратын ұлпадағы қанның түзілуі.*

**МИЕЛОЦИТ** [лат. myelocytus] зат. анат. *Сүйектің қызыл кемігі майындағы қан жасушасы.*

**МИЗАЖ** [ар. مزاج] зат. жерг. *Сипат, мінез, қабілет.*

**МИЗАМ**[1] [ар. نظام] зат. *Қыркүйек айының ескіше атауы.*

**МИЗАМ**[2] зат. *Күз айларының ішінде өсімдіктің ұлпаларынан пайда болатын, өрмекшінің торы сияқты, ұшпалы ақ сілбі.*

**МИЗАМ**[3] зат. көне. *Заң, ереже, үкім, низам.*

**МИЗАМ**[4] зат. астр. *Он екі зодиактік шоқжұлдыздарының бірі.*

**МИЗАМША: мизамша киінді.** *Жаңа заманға лайықтап, еуропаша киіну.*

**МИЗАМДАЙ** сын. *Мизам, тор, сілбі сияқты.*

**МИЗАМДАТ=** ет. *Жайма-шуақтандыру, мамыражайландыру.*

**МИЗАМДАТУ** *Мизамдат етістігінің қимыл атауы.*

**МИЗАМДЫ** сын. *Мизамы, ұшпалы сілбісі көп.*

**МИЗАМКӨК** зат. этн. *Қар астынан көк шығып тұрған амал, кезең.*

**МИЗАМСЫЗ** сын. *Мизам болмай.*

**МИЗАМШӨП** зат. өс. ***Түйешырмауық.***

**МИЗАМШУАҚ** сын. *Мамыра-жай.*

**МИЗАН**[1] [ар. ميزان] зат. *Таразы, өлшеуіш.*

**Мизан таразы.** діни. *Қиямette адамдардың жақсы, жаман амалдары тартылатын таразы.*

**МИЗАН**[2] зат. көне. *Қыркүйек айы, мизам.*

**Мизан салқыны**. этн. *Шамамен қыркүйек айында болатын, күн суытып кететін кезеңге сәйкес амал.*

**МИЗАНДАЙ** сын. сөйл. ***Мизамдай*** *(мизан, сілбі сияқты).*

**МИЗАНСЦЕНА** зат. театр. *Спектакль кезінде әртістердің сахнада орналасуы.*

**МИЗАНТРОП** зат. психол. *Адамдармен жақындығы жоқ, өзін оқшау ұстайтын, үйлесімсіз адам.*

**МИЗАНТРОПИЯ** зат. психол. *Адамға өшпенділік, дұшпандық.*

**МИЗЕ=** ет. *Қаперіне алу, елеу.*

**МИЗЕР** зат. ойын. *Преферанс ойынында жүрісте карта алмауды жариялайтын ишарат.*

**МИЗЕУ** *Мизе етістігінің қимыл атауы.*

**МИЗЕРЛЕТ=** ет. *Мизер болуға мәжбүр ету (карта ойыны туралы).*

**МИКАЕЛ** зат. діни. *Аллаға айрықша жақын, табиғат заңдылықтарын бақылап тұратын басты төрт періштенің бірі.*

**МИКАНИД** зат. хим. *Слюдамен байланыстыратын заттан жасалатын оқшауландырушы элемент.*

**МИКЕЩЕ** сын. *Кем ақыл, ештеңе ұқпайтын адам.*

**МИКОЗДАР** зат. *Адам мен малдың зиянды грибоктар тудыратын ауруларының жалпы аты.*

**МИКОЛОГ** зат. бот. *Микология бойынша маман.*

**МИКОЛОГИЯ** [грек. mykes – саңырауқұлақ, logos – ілім] зат. бот. *Саңырауқұлақтарды зерттейтін биологияның саласы.*

**МИКОПЛАЗМАЛАР** зат. биол. *Жасушасының қабығынан айырылған, цитоплазмалық мембранамен қоршалған полиморфты микроағзалар.*

**МИКОРИАЗА** зат. *Өсімдік тамырлары мен саңырауқұлақтар симбиозы.*

**МИКРИЯ** зат. зоол. *Бір жәндіктің (көбелек, шыбын) қасиеттерін екінші жәндіктің иемденіп алатыны жөніндегі ғылым.*

**МИКРО...** [грек. mikros] сын. **1.** *Күрделі сөздердің ең кішкентай, ұсақ деген мағына үстейтін алдыңғы құрамбөлігі.* **2.** *Негізгі бөліктің миллионнан бір үлесіне тең ең кіші үлестік бірлігін білдіретін қосымша.*

**МИКРОАВТОБУС** зат. *Ішіне азғана адам сиятын кішкене, жолаушылар тасситын шағын автокөлік.*

**МИКРОАҒЗА** зат. биол. <лат. microorganism> *Жай көзге көрінбейтін бір жасушалы, өте ұсақ жәндік, микроб.*

**Микроағзалар популяциясы**. биол. *Жынысты үдерістердің болуы-болмауына қарамастан, біржасушалы ағзалардың көбеюі, таралу қабілеті.*

**МИКРОАЙНАЛЫМ: микроайналым арнасы**. анат. *Жүрек-тамыр жүйесіне жататын, тым жіңішке қан тамырларының (қызыл тамырша – артериола, қан қылтамыры – гемокапилляр, көк тамырша – венула, қызыл тамырша – көк тамыршалық жалғамалар) жүйесі.*

**МИКРОАМПЕР** зат. физ. *Ампердің миллионнан бір бөлшегі.*

**МИКРОАССАМБЛЕР** [ағыл. microassembler] зат. инф. *Микробағдарламаны жазу тілінен аударғыш.*

**МИКРОАУДАН** зат. ***Ықшамаудан*** *(қаланың тұрғын үйлер шоғырланған шағын, кішкене бөлігі).*

**МИКРОАФИША** [ағыл. microfishe] зат. *Микрофильм сақтауға арналған мөлшері стандартты пленка парағы.*

**МИКРОӘЛЕУМЕТТАНУ** зат. ғыл. *Кіші әлеуметтік жүйедегі құбылысты талдауға бағытталған зерттеу бағыты.*

**МИКРОБ** зат. *Жай көзге көрінбейтін, тек микроскоппен ғана көруге болатын өте ұсақ тірі ағза.*

**МИКРОБАҒДАРЛАМА** зат. инф. <ағыл. microprogram> *Арнаулы жадта алдын ала жазылып қойылатын бағдарлама.*

**МИКРОБАҒДАРЛАМАЛАУ** зат. инф. <ағыл. microprogramming> *Микробағдарламаларды жасау мен пайдаланушылық.*

**МИКРОБАҒДАРЛАМАЛЫҚ** сын. *Микробағдарламаға қатысты, соған тән.*

**Микробағдарламалық автомат**. инф. *Ақпарат өңдеу операцияларын орындайтын микробағдарламаны жүзеге асыратын басқару автоматы.*

**МИКРОБАКТЕРИЯ** зат. *Микроскоппен ғана көрінетін біржасушалы ағза.*

**МИКРОБИОЛОГ** зат. *Микробиология ғылымымен шұғылданушы маман.*

**МИКРОБИОЛОГИЯ** [грек. micros – ұсақ, bios – тіршілік, logos – білім] зат. *Микроағзалардың түрлерін, құрылысын, тіршілік әрекеті мен таралуын зерттейтін биология ғылымының саласы.*

**МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Микробиологияға қатысты, соған тән.*

**МИКРОБЛОГ** зат. инф. *Әлеуметті желідегі шағын блог.*

**МИКРОБӨЛШЕКТЕР** зат. хим. *Нуклидті-электрондық жүйелердің және олардың құрауыштарының жиынтығы.*

**МИКРОБРЕКЧИЯ** зат. геол. *Сынықтарының ірілігі 1 см-ден кіші брекчия.*

**МИКРОБСЫЗ** сын. *Микроб жоқ, микробтың қатысынсыз.*

**МИКРОБТЫ** сын. **1.** *Микробы бар.* **2.** *Микробқа қатысты, микробқа жататын.*

**МИКРОБТЫҚ** сын. *Микробқа қатысты, соған тән.*

**МИКРОВИРУСТАР** зат. биол. *Бактериографтарға кіретін вирустардың тұқымдастығы.*

**МИКРОГАББРО** зат. геол. *Негізді плагиоклаз бен моноклиндік пироксеннен тұратын ұсақ түйірлі желілік габбро.*

**МИКРОГЕОМЕТРИЯ** зат. тех. *Объектілердің микроскоп арқылы көрінетін геометриялық параметрлері.*

**МИКРОЖОБА** зат. *Шағын жоба, кішігірім жоба.*

**МИКРОКАЛЬКУЛЯТОР** [лат. microcalculator] зат. *Жеке пайдалануға арналған ықшам электрондық есептеу құрылғысы.*

**МИКРОКАПСУЛДАУ** зат. хим. *Қатты немесе сұйық денелерді, олардың ұсақ бөлшектерін сұйық немесе қатты қабықша тәрізді материалдардан жасалған көлемге енгізу арқылы сақтау әдісі.*

**МИКРОКАРТА** [ағыл. microcard] зат. тех. *Аппараттық пен кляссер карталарға қойылатын фототаспадағы ақпарат тасушы.*

**МИКРОКЛИМАТ** [грек. micros] зат. *Көлемі шектелген, шағын аймаққа лайық ауа райы.*

**МИКРОКЛИМАТОЛОГИЯ** зат. *Жермен астасқан ауа қабатын зерттейтін ғылым саласы.*

**МИКРОКЛИМАТТЫҚ** сын. *Микроклиматқа қатысты, соған тән.*

**МИКРОКЛИН** зат. геол. *Абсолют көнелікті анықтаудың аргондық және стронцийлік әдістерінде жиі пайдаланылатын минерал, калийлі дала шпаттарының бір түрі.*

**МИКРОКОМПЬЮТЕР** [ағыл. microcomputer] зат. инф. *Микропроцессор базасында жасалған мөлшері шағын компьютер, енгізу-шығару және басқару құрылғыларының жиынтығы болып табылатын микроөлшемді есептеу мәшинесі.*

**МИКРОКАРОТАЖ** зат. геол. *Бұрғылау скважинасы оның қабырғасына таяу тау жыныстарының электрлік кедергісінің арасы бірнеше см-ден аспайтын электродтардағы электр зарядтарының көмегімен зерттейтін геофизикалық тәсіл.*

**МИКРОКРИСТАЛЛОСКОПИЯ** зат. хим. *Талдаулық реактивтер әсерінен ерекше кристалдық тұнбалардың түзілуі бойынша бейорганикалық және органикалық заттарды сапалық анықтау әдісі.*

**МИКРОҚҰРЫЛЫМ** зат. **1.** геол. *Таужынысы мен кендердің көрінбейтін, тек микроскоппен ажыратылатын құрылымы.* **2.** металлург. *Металдар мен қорытпалардың микроскоп арқылы анықталатын құрылымы.*

**МИКРОЛИТ** зат. геол. *Эффузиялық тау жынысының негізгі массасының өте ұсақ кристалы.*

**МИКРОМАНИПУЛЯТОР** зат. тех. *Өте кішкене нәрселерге микроскоп арқылы әртүрлі бақылаулар жасайтын зертханалық аппарат.*

**МИКРОМАНОМЕТР** зат. физ. *Қысымдағы болмашы айырмашылықты өлшейтін сезгіш манометр.*

**МИКРОМАРКЕТИНГ** [ағыл. micromarketing] зат. экон. *Жекелеген кәсіпорын деңгейіндегі кішігірім маркетинг.*

**МИКРОМЕТР** зат. физ. *Өте шағын дененің ұзындығын өлшейтін аспап, кішкентай дөңгелек шыны.*

**МИКРОМЕТРИЯ** зат. физ. *Мейлінше ұсақ сызықтарды және оның бөлшектерін өлшеу.*

**МИКРОН** [грек. mikron] зат. физ. *Миллиметрдің мыңнан бір бөлігіне тең өлшем.*

**МИКРОНДАЙ** сын. физ. *Микрон сияқты, микронға тең.*

**МИКРОНДЫҚ** сын. физ. *Микронға қатысты, соған тән.*

**МИКРОНЕСИЕЛЕНДІРУ** зат. экон. *Несиелендіру нысандарының бірі, шағын несие беру ісі.*

**МИКРООПЕРАЦИЯ** [ағыл. microoperation] зат. инф. *Ақпарат өңдеудің белгілі бір уақыт аралығында жүргізілетін бөлінбейтін қарапайым әрекеттері; компьютердің жұмыс істеу жиілігін басқаратын генератордың бір тактісінде процессордың орындайтын операциясы.*

**МИКРООРГАНИЗМ** зат. биол. ***Микроағза** (жай көзге көрінбейтін бір клеткалы, өте ұсақ жәндік, микроб).*

**МИКРООЛШЕУІР** зат. хим. *Сұйықтықтардың микромөлшерін $10^{-3}$ мл-ға дейін дәлдікпен өлшеуге және мөлшерлеуге арналған өлшеуір.*

**МИКРОПРОГРАММА** [лат. microprogram] зат. *Арнаулы жадта алдын ала жазылып қойылатын бағдарлама.*

**МИКРОПРОЦЕССОР** [ағыл. macroprocessor] зат. инф. *Бірнеше үлкен интегралдық схема негізінде құрастырылған, бағдарлама арқылы басқарылатын құрылғы.*

**МИКРОПРОЦЕССОРЛЫҚ** сын. инф. *Микропроцессорға тән, микропроцессорға қатысты.*

**Микропроцессорлық құрылғы**. инф. *Бірнеше микросхеманы пайдаланатын қызметтік және құрылмалық түрде аяқталған бұйым.*

**МИКРОПСИЯ** [грек. mikros – кішкене, opsis – көру] зат. мед. *Көзге түсетін нәрселердің өз нысанынан кішілеу болып көрінуі.*

**МИКРОРЕЛЬЕФ** зат. геогр. *Шағын аумақты жер бедерін қамтитын рельеф формасы.*

**МИКРОСЕЙСМ** зат. геогр. *Тайфун мен циклонның жүріп өтуіне байланысты жер бетінің болмашы теңселу шегі.*

**МИКРОСКОП** [грек. mikros – ұсақ, skopeo – көремін] зат. тех. *Жай көзге көрінбейтін нәрселерді үлкейтіп көрсету үшін қолданылатын оптикалық аспап.*

**МИКРОСКОПИЯ** зат. ғыл. *Микроскопты қолдану және микроскопты препаратты дайындау әдістерінің жалпы атауы.*

**МИКРОСКОПТЫҚ** сын. ғыл. *Микроскопқа қатысты, микроскоп арқылы жүргізілетін.*

**МИКРОСПОРА** зат. биол. *Өте кішкене спора, өсімдік пен біржасушалы жәндіктің ұрығы.*

**МИКРОСПОРИДИЯЛАР** [лат. mycrosporidia] зат. биол. *Қарапайымдардың бір типі, 300-ге жуық түрі бар, эукариотты жасушаның ішінде тіршілік ететін паразиттер.*

**МИКРОСҮЗУ** зат. хим. *Жартылай өткізгіштердің екі жағындағы қысым градиенті арқылы коллоидты жүйелерді бөлу әдісі.*

**МИКРОСХЕМА** [ағыл. microcircuit] зат. инф. *Жартылай өткізгіш кристалл түрінде жасалған электрондық схема.*

**МИКРОСЫЛМА** зат. тех. *Микроскоп арқылы зерттелетін металл үзігі.*

**МИКРОТАЛДАУ** зат. хим. *Макроталдауға қарағанда талданатын затта реактивтер жүздеген есе кем алынатын талдау химиясының негізгі саласы, массасы 1 мг-ға дейін үлгінің талдауы.*

**МИКРОТАРАЗЫ** зат. хим. *Заттардың өте аз мөлшерін $10^{-3}$ мл-ға дейін дәлдікпен өлшеуге арналған таразы.*

**МИКРОТЕГІССІЗДІК** зат. *Беттердің микроскоп арқылы көрінетін тегіссіздігі.*

**МИКРОТОПОНИМ** [грек. mikros – кіші, topos – орын] зат. лингв. *Шағын географиялық нысанның жалқы атауы.*

**МИКРОТҮТІКШЕЛЕР** [грек. microtubuli] зат. биол. *Жасушаның цитоқаңқасын түзуге қатысатын құрылымдар.*

**МИКРОТЫҢАЙТҚЫШ** зат. хим. *Әсер етуші заттары микроэлементтер болып табылатын минералды тыңайтқыш.*

**МИКРОТІЗБЕК** зат. инф. *Микробағдарлама немесе оның бөлігі.*

**МИКРОФАУНА** зат. зоол. *Белгілі бір ортада тіршілік ететін өте ұсақ жәндіктер.*

**МИКРОФИЛЬМ** [ағыл. microfilm] зат. тех. *Фотографиялық тәсілмен алынған құжаттың кішірейтілген көшірмесі.*

**МИКРОФЛОРА** зат. бот. *Қайсібір жерлерде болатын, жай көзге көрінбейтін өсімдік.*

**МИКРОФОН** [грек. mikros – кіші, phone – дыбыс] зат. тех. *Айтқан сөзді, үнді күшейтіп, алыс жерге жеткізу үшін, дыбыс тербелісін электр тербелісіне ауыстыратын аспап.*

**МИКРОХИМИЯ** зат. хим. *Микроскоптық ұсақ нәрселерді химиялық әдіспен зерттейтін ғылым саласы.*

**МИКРОХИМИЯЛЫҚ** сын. хим. *Микрохимияға тән, микрохимияға қатысты.*

**Микрохимиялық талдау.** хим. *Қойылған мақсатқа жету үшін массасы 0,01–10 мг және көлемі 0,1–1 мл үлгі жеткілікті болатын талдау әдісі.*

**МИКРОХИРУРГИЯ** зат. терм. *Жалпы хирургияның бір тармағы.*

**МИКРОЦЕФАЛ** зат. мед. *Басы қалыптан тыс кішкентай адам.*

**МИКРОЧИП** зат. инф. *Электронды жүйені түзу үшін қолданылатын кристалға бекітілген шағын электрондық модуль.*

**МИКРОЭВОЛЮЦИЯ** зат. биол. *Түрдің ішінде жүретін және гендік қорын өзгертуге әкелетін эволюциялық процесс.*

**МИКРОЭКОНОМИКА** зат. экон. *Экономика ғылымының кәсіпорын (фирма) мен сала, үй шаруашылығы сияқты оқшауландырылған экономикалық бірліктерді, жекелеген рыноктарды, нақты бағаны, тауарлар мен көрсетілген қызметтерді зерттейтін бөлігі.*

**Микроэкономикалық жоспар**. экон. *Жеке кәсіпорын мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-шаруашылық қызметінің шаралары мен көрсеткіштері жүйесінің жоспарын жасау.*

**МИКРОЭЛЕКТРОНИКА** [ағыл. microelectronics] зат. инф. *Үлкен және аса үлкен интегралдық схемалар базасында электрондық тораптарды, блоктарды, құрылғыларды әзірлеумен және қолданумен айналысатын электроника саласы.*

**МИКРОЭЛЕМЕНТ** зат. биол. *Тіршілік иелерінің өсіп-дамуына өте қажет, бірақ өте аз мөлшерде кездесетін элемент.*

**МИКСЕР** [ағыл. mixer] зат. **1.** тех. *Сұйық домна шойынының көп массасын сақтауға арналған цилиндр бітімді не кеспек тәрізді ыдыс.* **2.** *Әртүрлі тағамдарды жылдам араластырып,*

*езіп, көпіртіп әрі бірқалыпты масса алуға арналған асүйлік тұрмыстық техника.*

**МИКСОБАКТЕРИЯЛАР** зат. биол. *Таяқша тәрізді, аэробты бактериялар.*

**МИКСОМА** зат. *Шырынды тканьдерде болатын уытсыз ісік.*

**МИКСОСПОРИДИЯ** [грек. myxosporidia] зат. биол. *Қарапайымдардың шырышты споралылар класы.*

**МИКСОТРОФТАР** зат. биол. *Аралас қоректі ағзалар.*

**МИКСОЦЕЛЬ** [грек. mixo – аралас, koiloma – қуыс] зат. биол. *Буынаяқтылардың аралас дене қуысы.*

**МИКСТУРА** [лат. mixtura] зат. мед. *Емдік қасиеттері бар заттардың қоспасынан тұратын сұйық дәрі.*

**МИҚАТ** ар. зат. діни. *Қажылық рәсімдерін бастау үшін ихрамға кіретін жер [қажылықпен Меккеге келіп жатқан ер адамдар осы жерлерге келгенде күнделікті киімдерін шешіп, тек екі аяқ матадан жасалған ихрам киімін киіп, қажылық рәсімдерін орындауды бастауға ниет етеді].*

**МИҚАТА** зат. жерг. *Миы шатасқан, кем ақыл, кеще, миғұла.*

**МИҚИ=** ет. *Мыжыраю, мықыраю, қисаю.*

**МИҚИТ=** ет. *Мыжырайту, мықырайту, қисайту.*

**МИҚҰЛА** зат. сөйл. ***Миғұла.***

**МИҚҰРТ** зат. *Миға түскен микробтан пайда болатын ауру, менингит.*

**МИҚЫ** сын. сөйл. ***Қиқы-жиқы.***

**МИҚЫРТЫС: миқыртыс аумағы.** анат. *Бастың маңдай, төбе, шүйде, самай және иістік бөлігін қамтитын аумағы.*

**МИҚЫЛАУ¹** сын. жерг. *Жұпынылау, нашарлау.*

**МИҚЫЛАУ²** сын. жерг. *Топастау, миғұлалау.*

**МИЛА¹=** ет. *Миына жеткізу, түсіндіру, ұқтыру.*

**МИЛА²=** ет. *Мибатпаққа бату.*

**МИЛАДИ** зат. көне. *Христианша жыл есебі.*

**МИЛАН=** ет. *Түсіну, ұғыну, илану.*

**МИЛАНДЫР=** ет. *Ұғындыру, түсіндіріп сендіру, иландыру.*

**МИЛАНДЫРУ** *Миландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАНУ** *Милан етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАС=** ет. *Қосылу, араласу, баттасу.*

**МИЛАСТЫР=** ет. *Қосылту, араластырту, баттастыру.*

**МИЛАСТЫРУ** *Миластыр етістігінің қимыл атауы; шатастыру, былықтыру.*

**МИЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Қосылу, араластырылу, баттастырылу.*

**МИЛАСТЫРЫЛУ** *Миластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАСУ** *Милас етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАТ=** ет. жерг. *Қыран құсқа ауланған құстың миын шоқыттыру.*

**МИЛАТУ** жерг. *Милат етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАУ¹** сын. *Түсіну, ұғыну қабілеті нашар, кеще, миғұла (адам).*

**МИЛАУ²** *Мила етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛАУДАЙ** сын. *Милау сияқты, милау тәрізді.*

**МИЛАУЛЫҚ** зат. *Милау болушылық, кещелік, миғұлалық.*

**МИЛАУЫТ** сын. *Сазды, батпақты, ми боп езіліп жатқан.*

**МИЛИСА** зат. сөйл. ***Милиция.***

**МИЛИТАРИЗАЦИЯ** [лат. militaris] зат. саяси. *Елдің экономикалық, саяси және қоғамдық өмірінің милитаризм мақсатына бағынышытылығы.*

**МИЛИТАРИЗАЦИЯЛА=** ет. сөйл. ***Милитарландыру.***

**МИЛИТАРИЗАЦИЯЛАУ** саяси. *Милитаризацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛИТАРИЗМ** [франц. militarisme] зат. саяси. *Басқыншылық соғыстарға әзірлену, соғыс қуатын күшейту жөнінде қайсыбір мемлекеттер жүргізіп отырған саясат.*

**МИЛИТАРИСТ** зат. саяси. *Милитаризмді жақтаушы, милитаризм саясатын жүзеге асырушы.*

**МИЛИТАРИСТІК** сын. саяси. *Милитаризмге қатысты, соған тән.*

**МИЛИТАРЛАНДЫР=** ет. саяси. **1.** *Милитаристік саясатты іске асырып, соғысқа әзірлендіру, дайындату.* **2.** *Әскери ұйымдардың әдісін азаматтық қарым-қатынас ісінде орнату.*

**МИЛИТАРЛАНДЫРУ** *Милитарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛИЦИОНЕР** зат. тар. *Милиция қызметкері, полиция.*

**МИЛИЦИЯ** [лат. militia] зат. тар. **1.** *Бұрынғы КСРО кезінде және Ресейде мемлекеттік меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, сонымен бірге азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен олардың мүлкін сақтап, қорғайтын, қылмыскерлер мен құқық бұзушылармен күресетін мемлекеттік орган.* **2.** *Осы мемлекеттік органның қызметкері, милиционер.*

**Милиция органы.** тар. *Мемлекеттің, жеке адамның мүддесін қорғайтын мекеме.*

**МИЛЛА** [ар. ملة] зат. діни. *Пұтқа табынушылар мен яһуди насара дінін ұстанушылар.*

**МИЛЛӘ** ар. зат. діни. *Бір сенімді ұстанатын көптеген адамдар жамағап.*

**МИЛЛӘТ** [ар. ملة] зат. сөйл. ***Миллет.***

**МИЛЛӘТШІЛ** сын. сөйл. ***Миллетшіл.***

**МИЛЛӘТШІЛДІК** зат. сөйл. ***Миллетшілдік.***

**МИЛЛЕНАРИЗМ** [лат. mille – мың, annus – жыл] зат. ***Хилиазм.***

**МИЛЛЕНАРИСТІК** сын. *Милленаризмге қатысты.*

**МИЛЛЕНИУМ** [ағыл. millenium] зат. *Бірінен кейін бірі жалғасатын мыңжылдықтардың аралығы.*

**МИЛЛЕТ** зат. ескікіт. *Ел, мемлекет, ұлт.*

**МИЛЛЕТШІЛ** сын. ескікіт. *Ұлтжанды, ұлтшыл..*

**МИЛЛИАМПЕР** зат. физ. *Ампердің мыңнан бірі.*

**МИЛЛИАРД** [франц. milliard] сан. *Мың миллион, бір және тоғыз нөл арқылы өрнектелетін сан (1000000000).*

**МИЛЛИАРДЕР** [франц. milliardaire] зат. *Қаржысы миллиард сомадан асатын, ірі капиталист, монополистік капиталдың өкілі.*

**МИЛЛИАРДТА=** ет. *Миллиардқа айналдыру, миллиард болып саналу.*

**МИЛЛИАРДТАҒАН** сын. *Сан миллиард, бірнеше миллиард.*

**МИЛЛИАРДТАЙ** сын. *Миллиардқа жуық.*

**МИЛЛИАРДТЫ** сын. *Миллиардқа ие.*

**МИЛЛИАРДТЫҚ** сын. *Миллиардқа қатысты, соған тән.*

**МИЛЛИБАР** [лат. mille – мың, грек. baros – ауыр салмақ] зат. физ. *Атмосфералық қысымды өлшейтін бірлік, бардың мыңнан бір бөлігі.*

**МИЛЛИГАЛ** зат. геол. *Үдеу бірлігінің мыңнан бір үлесі (1 мгал = 10-5 м/с2).*

**МИЛЛИГРАММ** [лат. mille – мың, грек. gramma – өлшем бірлік] зат. *Грамның мыңнан бір бөлігі.*

**МИЛЛИГРАМДА=** ет. *Миллиграммен мөлшерлеу, өлшеп алу.*

**МИЛЛИГРАМДАУ** *Миллиграмда етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛЛИГРАМДАЙ** сын. *Миллиграмм шамалас, соған тең.*

**МИЛЛИГРАМДЫҚ** сын. *Миллиграмм мөлшеріндегі.*

**МИЛЛИМЕТР** [лат. mille – мың, грек. metron – өлшем] зат. *Метрдің мыңнан бір бөлігі.*

**МИЛЛИМЕТРДЕЙ** сын. *Миллиметр шамалас, соған тең.*

**МИЛЛИМЕТРЛІ** сын. *Миллиметрге тең келетін.*

**МИЛЛИМЕТРЛІК** сын. *Миллиметр болатын, миллиметр шамалас.*

**МИЛЛИМЕТРОВКА** зат. *Бір шаршы миллиметрлік торлары бар сызу сызатын қағаз.*

**МИЛЛИМИКРОН** зат. *Микронның мыңнан бірі.*

**МИЛЛИОН** [франц. million] сан. *Мың жердегі мыңға тең сан, 1000000.*

**МИЛЛИОНДА=** ет. *Бірнеше миллиондау, миллион-миллион болу.*

**МИЛЛИОНДАҒАН** сын. *Сан миллион, бірнеше миллион.*

**МИЛЛИОНДАЙ** сын. *Миллионға жуық, миллион шамасында.*

**МИЛЛИОНДЫҚ** сын. *Миллионға татитын, миллион тұратын.*

**МИЛЛИОНЕР** [франц. millionnaire] зат. *Миллиондаған сомамен саналатын байлықтың иесі.*

**МИЛЛИОН-МЫҢ** сан. сөйл. *Мың-миллион, өте көп.*

**МИЛЛИОНШІК** зат. қарап. ***Миллионер.***

**МИЛЛИОНЫНШЫ** сан. *Рет санымен санағанда миллион болатын.*

**МИЛОНИТ** [грек. mylon] зат. геол. *Таужыныс массаларының тектоникалық айырылымдар бетімен жылжуы, бастапқы таужыныстар минералдарының уатылуы, үгітілуі, жаншылуы кезінде түзілген, түсі сұр, қара сұр тақтатастық метаморфтық таужыныс.*

**МИЛОНИТТЕН=** ет. *Тектоникалық жарылыстан таужынысының уатыла ұнтақталуы.*

**МИЛОНИТТЕНУ** *Милониттен етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛОНИТТІК** сын. *Милонитке қатысты, милонитпен байланысты.*

**МИЛЫ** сын. *Ақылды, ойлы, миы бар.*

**МИЛЫҚ** зат. **1.** *Маңдайдың баскиім жауып тұратын жері.* **2.** этн. *Тымақтың төбесі мен құлағының қосылған шеңбері.*

**МИЛЫҚТА=** ет. **1.** *Баскиімді милығына түсіре кию.* **2.** *Сазға, топыраққа, құмға т.б. батыңқырау, қисайыңқырау.*

**МИЛЫҚТАТ=** ет. *Баскимін милығына түсіріп кию.*

**МИЛЫҚТАТУ** *Милықтат етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛЫҚТАУ** *Милықта етістігінің қимыл атауы.*

**МИЛЫРАҚ** сын. *Ақылдырақ, парасаттылау.*

**МИЛЬ** зат. *Қашықтық өлшемі, миля.*

**МИЛЯ** [грек. milia] зат. *Әркилы қолданылатын жолдың ұзындық өлшемі.*

**МИМ**[1] [грек. mimos] з а т. ө н е р. **1.** *Антикалық театрдағы тұрмыстық және сатиралық мазмұндағы қысқа сахналық көріністер.* **2.** *Мимді орындаушы актер мен актриса.*

**МИМ**[2] [ар.ميم] з а т. *Араб әліпбиіндегі* م *әрпінің аты, дыбысталуы.*

**МИМАНА** з а т. *Тойымсыздық, құлқынның құлы.*

**Миманасы тасыды.** *Күпірлік етті, құнықты, Құдайын ұмытты.*

**МИМАР** [ар. معمار] з а т. е с к і к і т. *Сәулетші, архитектор.*

**МИМЕСИС** [грек. mimesis] з а т. ф и л о с. *Антиктік заман эстетикасының негізгі ұстанымы.*

**МИ-МИ** с ы н. *Әбден езіліп кеткен, ми батпақ (жер).*

**МИМИКА** [грек. mimikos] з а т. к і т. *Бет пішінінің ішкі сезімге қарай қимыл өзгерісі, бет құбылысы.*

**МИМИКАЛЫҚ** с ы н. к і т. *Мимикаға қатысты, соған тән.*

**МИМИКРИЯ** [ағыл. mimicry] з а т. **1.** б и о л. *Кейбір хайуанат пен өсімдіктің қорғаныс түсі мен түрі, олардың айналадағы жаратылыспен ұқсастығы.* **2.** а у ы с. *Құбылғыштық, өзгерімпаздық.*

**МИМИСТ** з а т. ө н е р. *Ымдауды жақсы меңгерген актер.*

**МИМОЗА** [грек. mimos] з а т. ө с. **1.** *Табиғат құбылысының, ортаның өзгеруіне байланысты түрін өзгертіп, құбылып тұратын өсімдік.* **2.** а у ы с. *Сызып кетсе өкпелеп қалатын, шыбық тимес шыңқ етер адам.*

**МИМОМИС** [лат. mimomys] з а т. з о о л. *Кайнозой эрасының соңында шамамен 1–4 млн. жыл бұрын Еуропа, Азия, Солтүстік Америка құрлықтарында тіршілік еткен кеміршілер отрядына жататын аламандар тұқымдасының бір туысы.*

**МИМЫРТ** с ы н. *Жай, шабан, баяу, жайбасар.*

**Мимырт аяң**. *Сылбыр, жай, баяу жүріс.*

**МИМЫРТТА=** е т. **1.** *Жай жыбырлап жүру, шабан қозғалу.* **2.** а у ы с. *Кешеуілдеу, баяу даму, көп кедергіге тап болу.*

**МИМЫРТТАН=** е т. *Жайбасарлану, шабандану; баяу қозғалысқа салыну.*

**МИМЫРТТАНУ** *Мимырттан етістігінің қимыл атауы.*

**МИМЫРТТАТ=** е т. *Баяу қозғалысқа салдыру, жайбасарландыру.*

**МИМЫРТТАТУ** *Мимырттат етістігінің қимыл атауы.*

**МИМЫРТТАУ**[1] с ы н. *Баяулау, шабандау.*

**МИМЫРТТАУ**[2] *Мимыртта етістігінің қимыл атауы.*

**МИМЫРТТЫҚ** з а т. *Шабандық, баяулық, сылбырлық.*

**МИНА** [франц. mine] з а т. ә с к. **1.** *Жарылған жеріндегі нәрселерді талқандап, қопарып тастайтын жарылғыш соғыс қаруы.* **2.** *Минаатар және зеңбіректен атылатын оқ-дәрі.*

**МИНААТАР** з а т. ә с к. *Тегіс оқпанды зеңбірек, минамет.*

**МИНАДАЙ** с ы н. *Мина сияқты, мина тәрізді.*

**МИНАЖАРЫЛҒЫШ: минажарылғыш бөгет.** ә с к. *Қарсыласты шығынға ұшырату мақсатымен қойылған миналар тобының зарядталған жүйесі.*

**МИНАЛА=** е т. ә с к. *Мина қою, мина құру.*

**МИНАЛАН=** е т. *Мина қойылу, мина құрылу.*

**МИНАЛАНУ** *Миналан етістігінің қимыл атауы.*

**МИНАЛАТ=** е т. *Мина қойдырту, миналауды тапсыру.*

**МИНАЛАТУ** *Миналат етістігінің қимыл атауы.*

**МИНАЛАУ** *Минала етістігінің қимыл атауы.*

**МИНАЛЫ** с ы н. *Мина қойылған, минасы бар.*

**Миналы галерея.** ә с к. *Жасанды жерасты жолы.*

**МИНАЛЫҚ** с ы н. *Минаға қатысты, минаға тән.*

**МИНАМДАЙ** с ы н. с ө й л. *Титтей, құртымдай, құртақандай.*

**МИНАРЕТ** [ар. مناره] з а т. с ә у л е т. *Елді намазға шақыру үшін азаншыға арнап жасалған мешіт мұнарасы.*

**МИНАСЫЗДАНДЫР=** е т. ә с к. *Минадан тазарттыру.*

**МИНАСЫЗДАНДЫРУ** ә с к. *Минасыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МИНАТОРПЕДАЛЫҚ: минаторпедалық авиация.** ә с к. *Әскери-теңіз флоты авиациясының бір түрі.*

**МИНАШЫ** з а т. ә с к. *Мина қою, минадан тазарту ісінің маманы.*

**МИНАІЗДЕГІШ** з а т. ә с к. *Құрлықтағы минаны табуға арналған радиоэлектронды қондырғы.*

**МИНГРЕЛ** з а т. э т н. *Грузиндермен туыстас этникалық топ, халық.*

**МИНДАЛИНА** [грек. amygdale] з а т. а н а т. *Бадамша без.*

**МИНДАЛЬ** з а т. ө с. *Жаңғақша өсетін ағаш; бадам ағашы.*

**МИНЕР** [франц. mineur] з а т. *Минашы, мина ісінің маманы.*

**МИНЕРАГЕНИЯ** з а т. г е о л. *Пайдалы қазбалар туралы ғылым саласы.*

**МИНЕРАГРАФИЯ** з а т. г е о л. *Кенді минералдың құрылымын зерттейтін минералогия саласы.*

**МИНЕРАЛ** [лат. minera] з а т. г е о л. *Химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері тұрақты, жер қыртысында өтетін физикалық-химиялық процестердің нәтижесінде пайда болатын табиғи химиялық қосылыс.*

**Минералдар алмасуы.** г е о л. *Бейорганикалық заттардың ағзаға сіңуі, таралуы және физикалық-химиялық құбылыстар мен биохимиялық реакцияларға қатысуы.* **Минералдардағы кірікпелер.** г е о л. *Нақтылы минерал агрегаты құрамында немесе оның шоғырларының арасында кезігіп қалатын бөгде минералдар.* **Минералдардың қаттылығы.** г е о л. *Минералдардың өзге денелердің механикалық әсеріне қарсылық көрсету қабілеті.* **Минералдар синтезі.** х и м. *Жеке элементтерден немесе химиялық қосылыстардан минералды, монокристалдарды жасанды жолмен алу процесі.* **Минералдар төзімділігі.** г е о л. *Морылу және тасымалдану процестеріне ұшыраған минералдардың сыртқы күштерге не физикалық және химиялық әсерлерге қарсылық көрсету қабілеті.* **Минерал қоспалар.** г е о л. *Тау жыныстары мен кендерді құраушы минералдар құрамында кездесетін қосалқы химиялық элементтер.* **Минерал тыңайтқыш.** е г і н ш а р. *Қоректенудің негізгі элементтерінен (азот, фосфор, калий) және тіршілік етуге қажет маңызды микроэлементтерден тұратын жер қойнауынан өндірілетін немесе өнеркәсіптік жолмен алынған химиялық қосылыстар.*

**МИНЕРАЛДА=** е т. *Минерал қосу, минерал беру.*

**МИНЕРАЛДАҒЫШТАР** з а т. г е о л. *Магмада еріген газ, газ тәрізді және бу тәрізді қосылыстар.*

**МИНЕРАЛДАН=** е т. *Минерал пайда болу, минерал қосылу.*

**МИНЕРАЛДАНДЫР=** е т. *Минералдануға себепкер болу, соған әсер еттіру.*

**МИНЕРАЛДАНДЫРУ** *Минералдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРАЛДАНДЫРЫЛ=** е т. *Минерал қосылу, минералдың пайда болуы.*

**МИНЕРАЛДАНДЫРЫЛУ** *Минералдандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРАЛДАНУ** *Минералдан етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРАЛДАУ**[1] з а т. г е о л. *Минералдау талдауға қолайлы болу үшін үлгілерді термодинамикалық тұрақты бейорганикалық қосылыстарға аудару үдерісі.*

**МИНЕРАЛДАУ**[2] *Минералда етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРАЛДЫ** с ы н. *Минералы бар, минерал қосылған.*

**Минералды азық.** м а л ш а р. *Малға қосымша азық ретінде берілетін табиғи және қолдан жасалған жем.* **Минералды көлдер.** *Суының құрамы, көптеген минералды қоспалардан тұратын тұзды айдындар.* **Минералды мақта.** г е о л. *Минералды өндіріс қалдығы мен тау жынысының балқымасынан алынатын, шыны тәрізді құрылымның жіңішке талшығынан тұратын борпылдақ материал.* **Минералды су.** а) *Түрлі ауруларға шипа болатын, емдік маңызы бар жерасты суы.* ә) *Химия өнеркәсібінде құрамындағы кейбір элементтерді тиімді түрде алуға жарамды, сондай-ақ жылу энергетика саласында пайдалануға болатын жерасты және жерүсті табиғи сулары.* **Минералды тыңайтқыш.** а у ы л ш а р. *Құрамында өсімдікке қажет элементтері бар бейорганикалық тыңайтқыш.*

**МИНЕРАЛДЫҚ** с ы н. *Минералға қатысты, соған тән.*

**Минералдық байлық**. *Адам баласы пайдаланатын минералдар.* **Минералдық балшықтар.** *Емдік мақсатта қолданылатын теңіз, көл, көлкіме, өзен, қайнар ұйықтары.* **Минералдық қорек.** *Өсімдіктер өсіп-өнуіне қажетті азот, фосфор, калий сияқты химиялық элементтер.* **Минералдық шикізат.** *Жер қойнауынан өндірілетін пайдалы қазбалар.*

**МИНЕРАЛИЗАЦИЯ** з а т. е г і н ш а р. *Топырақты, минералды тұзбен байытып, құнарландыру ісі.*

**МИНЕРАЛОГ** з а т. *Минералогия маманы.*

**МИНЕРАЛОГИЯ** [лат. minera – кен, logos – ілім] з а т. *Минералдар, олардың құрамы мен қасиеттері, құрылыс ерекшеліктері, пайда болу жағдайлары мен заңдылықтары, табиғатта кездесетін түрлері туралы ғылым.*

**МИНЕРАЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Минералогияға қатысты, минералогиямен байланысты.*

**Минералогиялық талдау.** к е н. *Таужыныстар мен кендердің минералдық құрамын сан және сапа тұрғысынан талдау.*

**МИНЕРАЛСЫЗДАН=** е т. г е о л. *Жүйеден минералды тұздарды бөліп, ығыстыруға негізделген өңдеу.*

**МИНЕРАЛСЫЗДАНУ** г е о л. *Минералсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРАЛСЫЗДАНДЫР=** е т. г е о л. *Көмір геологиясында құрамында органикалық заты бар таужыныстардың минералдық бөлігін уатып шығарып тастау.*

**МИНЕРАЛСЫЗДАНДЫРУ** геол. *Минералсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МИНЕРВА** [лат. minerva] зат. *Ежелгі рим мифологиясында кездесетін әйел құдай.*

**МИНЕРЕТ** зат. сөйл. ***Минарет.***

**МИНИ** [ағыл. mini] сын. *Ең кішкентай, қысқа.*

**МИНИАТЮРА** [итал. miniatura] зат. **1.** өнер. *Ескілікті қолжазба мен кітаптарда кездесетін кішкене көлемді суреттер.* **2.** өнер. *Мейлінше әдемі, нәзік істелген сурет.* **3.** өнер. *Металға, піл сүйегіне және т.б. нәзік етіп салынған шағын көлемді сурет.* **4.** әдеб. театр. *Шағын көлемді очерк, әңгіме, пьеса немесе музыкалық шығарма.*

**МИНИАТЮРАЛЫ** [франц. miniaturisation] сын. *Кіші көлемді, шағын, ықшамды.*

**МИНИАТЮРАЛЫҚ** сын. **1.** *Миниатюраға қатысты, соған тән.* **2.** *Көлемі шағын, ықшам.*

**Миниатюралық театр.** өнер. *Көлемі шағын әдеби шығарманы сахналайтын театр.*

**МИНИАТЮРАШЫ** зат. **1.** *Миниатюралық кескіндеме салушы, суретшісі.* **2.** *Миниатюралық әдеби немесе музыкалық шығарманың авторы.*

**МИНИАТЮРЛІ** сын. сөйл. ***Миниатюралы.***

**МИНИМАЛДЫ** [лат. minimus] сын. *Ең аз, ең кіші мөлшер, шама.*

**МИНИМАЛИЗМ** зат. **1.** *Қойылатын талаптың барынша жеңілдетілген түрі.* **2.** өнер. <ағыл. minimal art> *Шығармашылық процесінде пайдаланылатын материалдарды мейлінше аз ауыстырып-өзгертуден қарапайымдылық пен формалардың біркелкілігіне шығатын көркемдік ағым.*

**МИНИМАЛИСТ** зат. *Минимализмді жақтаушы адам.*

**МИНИМЕТР** [лат. minimus] зат. тех. *Сызықтық мөлшерді анықтауға арналған аспап.*

**МИНИМУМ**[1] [лат. minimum] зат. **1.** *Ең кіші шама, ең аз сан, мөлшер. //Кем дегенде, ең аз дегенде.* **2.** *Белгілі бір сала, мақсат т.с.с. үшін қажетті құрал, білім, шаралар жиынтығы.*

**МИНИМУМ**[2] зат. *Белгілі бір пән бойынша өтілетін шағын курс, тапсырылатын емтихан.*

**МИНИСТР** [франц. ministre] зат. *Мемлекеттік басқару ісінің белгілі бір саласына басшылық етіп отырған лауазым иесі, үкімет мүшесі.*

**Министрлер кабинеті.** саяси. *Министрлердің үкімет басшысының төралығымен жүйелі түрде өтіп тұратын, тұтастай өкімет атынан шешім қабылдауға өкілеттілігі бар мәжілістер.*

**МИНИСТРЛІК** зат. саяси. *Белгілі бір салаға басшылық көрсетуде министр басқарып отырған мекеме.*

**МИНИТРЭК** зат. *Американдық радиоэлектронды жүйе.*

**МИНОГА** зат. зоол. <лат. petromyzoniformes> *Жылан денелі, омыртқалы су жәндігі.*

**МИНОМЕТ** ор. зат. әск. *Жарылғыш жарықшақты снаряд, минаны ататын зеңбірек, минаатар.*

**МИНОМЕТЧИК** ор. зат. кіт. ***Минометші.***

**МИНОМЕТШІ** зат. әск. *Миномет бөлімшесінде істейтін әскери адам.*

**МИНОНОСЕЦ** ор. зат. әск. *Күшті торпедалы құралы бар соғыс кемесі.*

**МИНОР** [итал. minore] зат. муз. *Үш дыбыстылық аккордқа және оның өзіндік мәнеріне негізделген үйлесім.*

**МИНОРИТ** [лат. minores] зат. саяси-әлеум. *Азшылық (сайлау кезіндегі).*

**МИНОРИТАРЛЫ** сын. саяси-әлеум. *Бәсең, саяси-әлеуметтік рөлі салғырт.*

**МИНОРЛЫ** сын. муз. *Минорға арналған, минорға тән.*

**МИНОРЛЫҚ** сын. муз. *Минорға қатысты, соған тән.*

**МИНОТ** зат. сөйл. ***Минут.***

**МИНӨТ** зат. сөйл. ***Минут.***

**МИНРЕП** зат. әск. *Минаны оның зәкірімен біріктіретін трос.*

**МИНТАЙ** зат. зоол. *Треска тұқымдас кәсіптік маңызы бар балық түрі.*

**МИНУС** [лат. minus] зат. **1.** мат. *Математикада азайту, шегеру белгісі (–) немесе теріс шаманы білдіретін таңба.* **2.** *Цельсий шкаласы бойынша, 0-ден төменгі деңгей, суықтық.*

**МИНУТ** [лат. minutus] зат. *Алпыс секундқа тең уақыт өлшемі, мөлшері.*

**МИНУТСЫЗ** сын. *Минуты кем.*

**МИНУТТАП** үст. *Минут түрінде, минутпен есептеп, минут көлемінде.*

**МИНУТТАЙ** сын. *Минут мөлшеріндей, минут шамасындай.*

**МИНУТТЫҚ** сын. **1.** *Минутқа тең, соған парапар.* **2.** *Азғана уақыттық.*

**Минуттық үнсіздік.** *Қаза болған адамдарға құрмет көрсету мақсатымен ресми қатынаста өткізілетін бір сәттік үнсіздік сақтау салты.*

**МИНІМДЕЙ** сын. жерг. *Титтей, кіп-кішкентай.*

**МИО...** [грек. mys] *Бұлшық етке қатысты айтылатын шет тілінен енген күрделі сөздің құрамды бөлігі.*

**МИОБЛАСТАР** [грек. myos – бұлшық ет, грек. blastos – ұрық] зат. *Ет ұлпасы дамитын бастама жасушалар.*

**МИОВИРУСТАР** [грек. myos – бұлшық ет, лат. virus – у] зат. биол. *Бактериофагтарға жататын тұқымдастық.*

**МИОГЛОБИН** [грек. myos – бұлшық ет, лат. globus – кішкене шар] зат. мед. *Омыртқалы жануарлар мен адамның бұлшық еттерінде оттекті тасымалдайтын күрделі ақуыз.*

**МИОГРАФИЯ** [грек. myos – бұлшық ет, grapho – жазушы] зат. терм. *Қозғалыс дағдысы мен сөйлеу механизмін графикалық тіркеудің психофизиологиялық қызметі.*

**МИОЗИН** зат. биол. *Бұлшық ет талшықтарының құрамында болатын ерігіш ақуыз.*

**МИОЗИТ** [грек. myos] зат. мед. *Бұлшық еттің қабынуынан болатын ауру.*

**МИОКАРД** [грек. myos – бұлшық ет, kardia – жүрек] зат. анат. *Жүректің бұлшық еті.*

**Миокард инфаркті.** мед. *Жүрек бұлшық етінің сығымданып, қатып қалуы.*

**МИОКАРДИТ** зат. мед. *Жүректің бұлшық етінің ауруы.*

**МИОЛОГ** зат. *Миология маманы.*

**МИОЛОГИЯ** [грек. myos – ет, logos – ілім] зат. анат. *Бұлшық еттерді зерттейтін ғылым саласы.*

**МИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Миологияға қатысты, соған арналған.*

**МИОМА** [грек. mys – ет, oma – ісік ауруларына жалғанатын жалғау] зат. мед. *Бұлшық ет тінінде болатын қатерсіз ісік.*

**МИОМЕТРИЙ** [лат. myometrium] зат. *Жатырдың ортаңғы етті қабығы.*

**МИОПАТИЯ** [грек. myopathos] зат. мед. *Бұлшық ет ауруының бір түрі.*

**МИОПИЯ** [грек. myopos] зат. мед. *Алыстан көрмеу.*

**МИОТОНОМЕТРИЯ** зат. *Бұлшық еттердің қалпын (созылмалығын, қаттылығын, серпілмелігін) анықтауға пайдаланатын құрал.*

**МИОЦЕН** [грек. meion – аз, kainos – жаңа] зат. ғыл. *Кайназой заманындағы неоген дәуірінің алғашқы геологиялық кезеңі.*

**МИӨТ** зат. этн. *Жүк тартатын түйенің мойнына қажамас үшін кигізетін киіз ораған басқұр.*

**МИПАЗ** сын. сөйл. *Бипаз, биязы, сыпайы.*

**МИПАЗДА=** ет. сөйл. ***Бипазда*** *(баптау, мәнерін келтіру, әдемілеу).*

**МИПАЗДАЛ=** ет. сөйл. ***Бипаздал.***

**МИПАЗДАН=** ет. сөйл. ***Бипаздан.***

**МИПАЗДАТ=** ет. сөйл. ***Бипаздат.***

**МИПАЗДАУ** *Мипазда етістігінің қимыл атауы.*

**МИПАЛАУ** зат. тамақ. *Пісірілген бастың миына ұсақталған құйқа, ұрт еттері, екі көз, құйрық май, бауыр қосып, тұздық құйып араластырып жасалатын тағам.*

**МИПАЛАУДАЙ** сын. *Мипалау сияқты, мипалау тәрізді.*

**МИПАЯ** сын. жерг. *Уақ, кішкене.*

**МИПОРА** зат. *Нәруыз түріндегі көбік аминопласт; құрылыста жылу және дыбыс оқшаулаушы материал.*

**МИРАБИЛИТ** [лат. mirabilis] зат. геол. *Түссіз, кейде ақ, сарғыштау, көкшіл, жасылдау, жылтырлығы шыныдай, қаттылығы – 1,5-2, жіктілігі (100) жетілген, меншікті салмағы – 1,48, сульфаттар класына жататын минерал.*

**МИРАКЛЬ** [франц. mirakle] зат. әдеб. *Ортағасырлық Еуропа елдерінде діни-ғибратты өлеңмен жазылған драма жанры.*

**МИРАҚОР** зат. көне. *Атшы, атпаз, атбегі.*

**МИРАС** [ар. ميراث] зат. *Әкеден балаға, баладан немереге қалатын мұра.*

**Мирас болды.** *Мұра болып қалды.* **Мирас ілімі.** діни. *Мирасқа қалған мұрагерлерге үлестіруді зерттейтін шариғаттың бір саласы.*

**МИРАСКЕР** зат. сөйл. ***Мирасқор.***

**МИРАСКЕРЛІК** зат. *Мирасқор болушылық, мұрагерлік.*

**МИРАСҚОР** [ар.ميراثخور] зат. *Мирасқа (мұраға) ие болушы, мұрагер.*

**МИРАСҚОРЛЫҚ** зат. *Мирасқор болушылық, мұрагерлік.*

**МИРАС-МҰРА** зат. *Атадан қалған мұра мен мирас.*

**МИРАССЫЗ** сын. *Мирасы жоқ, мұрасыз.*

**МИРАСТАЙ** сын. *Мирас сияқты, мирас тәрізді.*

**МИРАСТАН=** ет. *Мұра етіп қалдырылу.*

**МИРАСТАНУ** *Мирастан етістігінің қимыл атауы.*

**МИРАСТЫҚ** сын. *Мирасқа қатысты, соған тән.*

**МИРАЦИДИЯ** зат. зоол. *Бауыр сорғыштың алғашқы кірпікшелі дернәсілдік сатысы.*

**МИРЗА** [ар. ميرزا] зат. *Кейбір шығыс елдерінде шенеунік пен ғалымдарға берілетін құрметті атақ.*

**МИРРА** зат. бот. *Африкада өсетін ағашта болатын, медицинада қолданатын хош иісті шайыр.*

**МИРЫҚ-СИРЫҚ** зат. *Жарым-жарты, жарлы-жақыбай, кембағал.*

**МИРТА** [грек. mirtos] зат. өс. *Хош иісті, ақ гүлді үнемі көгеріп тұратын өсімдік.*

**МИСАҚ**[1] зат. зоол. *Қазақстанды мекендейтін үйректің бір түрі.*

**МИСАҚ**[2] [ар. ميثاق] зат. діни. *Адам мен Алла арасындағы алғашқы ант.*

**МИСАҚТАЙ** сын. *Әуелдегідей, о бастағыдай.*

**МИСАЛ** зат. **1.** ескікіт. ***Мысал.*** **2.** *Секілді, тәрізді, сияқты.*

**МИСКА** ор. зат. сөйл. *Металдан, ағаштан не күйдірген саз балшықтан жасалған шұңғыл ыдыс.*

**МИСС** [ағыл. miss] зат. **1.** *Ағылшын тілді елдерде тұрмыс құрып үлгірмеген бойжеткенге қарата айтылатын ізет атауыш, бикеш.* **2.** *Батыс елдері тілдік дәстүрі бойынша, өзінен кейінгі зат есім сөзбен тіркесіп келіп, белгілі бір қасиеттеріне қарай қыздар арасындағы ең үздігі деген мағынаны білдіреді.*

**МИССИОНЕР** [франц. missionnaire] зат. *Басқа діндегілер арасына өз дінін уағыздау үшін жіберілетін, әдетте христиан, католик, будда дініндегі адам.*

**МИССИОНЕРЛІК** зат. *Миссионер міндетін атқарушылық, миссионер болушылық.*

**Миссионерлік қызмет.** діни. *Басқа діндегілерді өзге дінге кіргізу мақсатын көздейтін қызмет.*

**МИССИС** [ағыл. missis] зат. *Ағылшын тілді елдерде күйеуге шыққан әйелге қарата айтылатын ізет білдіру атауышы.*

**МИССИЯ** [лат. missio] зат. **1.** саяси. *Белгілі бір мемлекеттің арнаулы мақсатпен шетелге жіберетін өкілдігіне тапсырылған міндетте-ме.* **2.** дипл. *Басқа бір мемлекеттің үкіметі жанындағы елші басқаратын дипломатиялық өкілдік.* **3.** дипл. *Арнаулы мақсатпен басқа бір мемлекетке жіберілген делегация.*

**Миссиясын аяқтады**. кіт. *Өзінің мойнына жүктелген міндетін орындады.*

**МИСТЕР** [ағыл. mister] зат. *Ағылшын тілді елдерде ересек ер азаматқа қарата айтылатын ізет білдіру атауышы.*

**МИСТЕРИЯ** [грек. mysterion] зат. тар. *Ескі замандағы гректер мен римдіктерде болған діни театр жанры.*

**МИСТИК** зат. *Табиғаттан тыс күшке, кереметке сенетін, мистицизм жолын ұстанушы адам.*

**МИСТИКА** [грек. mystik] зат. **1.** *Табиғаттан тыс, тылсым күшке сенушілік, мистицизм.* **2.** ауыс. *Түсініксіз, жұмбақ, түсіндіруге келмейтін құбылыс.*

**МИСТИКАЛЫҚ** сын. кіт. *Мистикаға қатысты, мистикаға тән.*

**Мистикалық ғылым.** *Жаратылыстан тыс, құпия, сырлы күш, Құдай бар деп есептейтін ғылым.*

**МИСТИКАСЫЗ** сын. *Мистикадан аулақ, мистиканың қатысынсыз.*

**МИСТИФИКАТОР** зат. *Мистификациямен шұғылданушы адам.*

**МИСТИФИКАЦИЯ** [грек. mystes – құпияны білетін, лат. facere – іске асыру] зат. *Әдейілеп адастырушылық.*

**МИСТИФИКАЦИЯЛА=** ет. *Басын айналдырып алдау, адастыру.*

**МИСТИФИКАЦИЯЛАУ** *Мистификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МИСТИЦИЗМ** [грек. mistikos] зат. *Мистикаға негізделген ғылымға қарсы көзқарас, діни-философиялық ілім.*

**МИСЦЕЛЛА** зат. хим. *Шайыр экстракциясының нәтижесінде алынатын ағашты шайырлы заттардың ерітіндісі.*

**МИСЫЗ** сын. *Миы жоқ, ақылсыз. //Ақылсыз, ақымақ адам.*

**МИСЫЗДАУ** сын. *Ақылсыздау, ақылы кемдеу, есуастау.*

**МИСЫЗДЫҚ** зат. *Мисыз болушылық, ақылсыздық.*

**МИТАҚАНДАЙ** сын. жерг. *Кішкентай, шиеттей.*

**МИТИ=** ет. *Кіп-кішкентай болып мыжыраю.*

**МИТИНГ** [ағыл. meeting] зат. саяси. *Белгілі бір маңызды саяси оқиғаға арналған жиын.*

**МИТИНГІЛЕ=** ет. *Митинг өткізу.*

**МИТИНГІЛЕТ=** ет. *Митингі өткіздіру.*

**МИТИНГІЛЕТУ** *Митингілет етістігінің қимыл атауы.*

**МИТИНГІЛЕУ** *Митингіле етістігінің қимыл атауы.*

**МИТКАЛЬ** зат. *Мақтадан тоқылатын ең арзан кездеме, түрсіз шыт.*

**МИТОЗ** [грек. mitos] зат. биол. *Жасушаның күрделі бөліну түрі.*

**МИТРАИЗМ** зат. діни. *Митраға табынушылық негізінде қалыптасқан көне дін.*

**МИТРАЛЬЕЗА** [франц. mitrailleuse] зат. *Еуропадағы картечьпен тез ататын көп ауызды ескі мылтықтың түрі.*

**МИТРОПОЛИТ** [грек. metropolites] зат. діни. *Православие шіркеуінің ең жоғарғы дін басшысы.*

**МИТТЕЛЬШПИЛЬ** [нем. Mittelspiel] зат. спорт. *Ойынның бастауы, дебюттен кейін жалғасатын ойынның ортасы.*

**МИТЫҚ** сын. сөйл. ***Митың.***

**МИТЫҚТА=** ет. сөйл. ***Митыңда.***

**МИТЫҚТАТ=** ет. сөйл. ***Митыңдат.***

**МИТЫҢ** елік. *Титықтаған қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз. //Митың-митың еткен мардымсыз жүріс, титықтаған қозғалыс.*

**Митың қақты**. *Митың-митың етті.*

**МИТЫҢДА=** ет. *Өнімсіз жүру, мардымсыз қыбырлау.*

**МИТЫҢДАТ=** ет. *Мардымсыз етіп аяқ бастырту, өнімсіз қыбырлатып жүргізу.*

**МИТЫҢДАТУ** *Митыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МИТЫҢДАУ** *Митыңда етістігінің қимыл атауы.*

**МИТЫҢ-МИТЫҢ** елік. *Қыбыр-қыбыр, титың-титың еткен қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**МИТІМДЕЙ** сын. жерг. *Битімдей, кішкентай, титтей.*

**МИТІҢ-МИТІҢ** елік. сөйл. ***Митың-митың.***

**МИУА** [ир. ميوه] зат. *Жеміс-жидек, мәуе.*

**МИУА-БАҚ** [ир. ميوه باغ] зат. *Жеміс-жидек көп өскен мәуелі бақ.*

**МИУАДАЙ** сын. *Миуа сияқты, миуа тәрізді.*

**МИУАЗАР** [ир. ميوه زار] зат. *Ну орман, миуалы ағаштар, миуалы бау-бақтар.*

**МУАЗЗИН** зат. діни. *Азаншы, азан шақыратын адам.*

**МИУАЛА=** ет. *Жемістену, жеміс шығу.*

**МИУАЛАН=** ет. *Жемістену, жеміс-жидектің мәуеленуі.*

**МИУАЛАНУ** *Миуалан етістігінің қимыл атауы.*

**МИУАЛЫ** сын. *Миуасы бар, жемісті, жидекті.*

**МИУАЛЫҚ** сын. *Миуалы, жемісті, жемістік.*

**МИУН** зат. діни. *Аяттар саны жүзге жететін яки соған жуық болатын сүрелердің жалпы атауы.*

**МИФ** [грек. mythos] зат. **1.** *Ежелгі дүниенің шығуы, табиғат құбылыстары, батырлар туралы ертегі-аңыз.* **2.** *Ойдан шығарылған, жалған қиял-ертегі.*

**МИФОЛОГЕМА** зат. кіт. *Ойдан шығарылған, кейіпкер қиял-аңыздың нысаны.*

**МИФОЛОГИЯ** [грек. mithos – аңыз, грек. logos – ілім] зат. *Мифтердің жиынтығы, миф туралы ілім.* **2.** *Адамның өзін таныту құралы, адамның шығармашылық қабілеттерін айқындаудың ежелгі, мәңгілік бітімі.*

**МИФОЛОГИЯДАЙ** сын. *Мифология сияқты, мифология тәрізді.*

**МИФОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Мифологияға қатысты, соған тән.*

**МИФОНИМ** [грек. mythos – аңыз, onyma – есім] зат. лингв. *Мифтер мен аңыздағы кез келген (қаһарман, Құдай, жер аты) ойдан шығарылған нысан.*

**МИФТІК** сын. *Мифке қатысты, мифке тән.*

**Мифтік сана.** филос. *Адам баласының алғашқы қауымдық құрылысқа сәйкес келген ең қарапайым санасы, діни санаға дейінгі түрі.*

**МИХНАТ** зат. сөйл. ***Мехнат.***

**МИХНАТТАН=** ет. ***Мехнаттан*** *(мехнат шегу, азаптану).*

**МИХНАТТЫ** сын. сөйл. ***Мехнатты.***

**МИХРАБ** [ар. محراب] зат. діни. **1.** *Мешіт ішіндегі имам тұрып намаз оқылатын жер.* **2.** *Ғибадатхана ішінде құлшылық қылып, бас ұратын қасиетті орын.* **3.** ауыс. *Табынатын нысан, бас иетін қасиетті, қадірлі адамы, заты т.б.*

**МИХРАТ** [ар. محراب] зат. ескікіт. *Рақат, ләззат.*

**МИХУАР** [ар. محور] зат. ескікіт. *Кіндік осі.*

**МИЦЕЛЛАЛАР** [лат. micella] зат. хим. *Ионның қос электрлік қабатымен қоршалған, майдалы ортада ерімейтін ядродан тұратын, коллоидты жүйедегі майдалы фазалардың сольватталған бөлшектері.*

**МИЧМАН** [ағыл. midshipman] зат. әск. **1.** *Әскери-теңіз флотындағы әскери атақ және сол атаққа ие адам.* **2.** *Көп елдерде флоттағы ең бірінші офицерлік атақ, дәреже.*

**МИЧМАНКА** зат. *Флоттағы офицерлер киетін формалы фуражка.*

**МИЧМАНДЫҚ** сын. *Мичманға қатысты, мичманға тән.*

**МИЧУРИНШІ** зат. тар. *Белгілі ғалым Мичуриннің ілімі бойынша жеміс егуші, соның жолын ұстаушы.*

**МИШАР** зат. *Татар халқының құрамындағы этникалық топ.*

**МИШХАТ** [ар. مشهد] зат. діни. *Жиылыс, жиналыс.*

**МИШЫҚ** зат. анат. <лат. cerebellum> *Денені белгілі бір күйде ұстап, бұлшық еттердің қозғалысын реттейтін мидың артқы бөлімі.*

**Мишық құртшасы.** анат. *Пішіні ұзынша, құрт тәріздес мишықтың ортаңғы бөлігі.*

**МИЫҚ**[1] зат. көне. *Мұрт өсетін жер.*

**Миығынан күлді [мырс етті.]** а) *Езу тартып, жымиып күлімсіреді.* ә) *Кекесінді мысқылмен табалай күлді.*

**МИЫҚ**[2] зат. сөйл. ***Мылық.***

**МИЫҚТА**[1]**=** ет. *Мырс ету, күлімсіреу.*

**МИЫҚТА**[2]**=** ет. *Баскиімін мылығына түсіре кию.*

**МИЫҚТАТ**= е т. *Баскимін милығына түсіре кидіру.*

**МИЯ** з а т. ө с. <лат. clycyrrhiza> *Дәні ащы, ақшыл я қызыл түсті бұршақ тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МИЯДАЙ** с ы н. *Мия сияқты, мия тәрізді.*

**МИЯЗ** с ы н. ж е р г. *Ақылы, ой-санасы кем.*

**МИЯЛА=** е т. *Сипалау.*

**МИЯЛАУ** с ы н. *Миясы көбірек.*

**МИЯЛАУ** *Мияла етістігінің қимыл атауы.*

**МИЯЛЫ** с ы н. *Миясы көп, мия өскен.*

**МИЯН: миян болды.** е с к і к і т. *Жоқ болды, жойылды.*

**МИЯСАР** [ар. ميسر] с ы н. к ө н е. *Көңіліне жаққан, жарасымды, лайықты.*

**МИЯСАРЛЫ** с ы н. *Миясарға лайықты.*

**МИЯСЫЗ** с ы н. *Миясы жоқ, мия араласпаған.*

**МИЯТ** з а т. *Көңілге медеу, сүйеніш, тірек.*

**Мият болды.** *Болысты, жақтады.* **Миятқа шақырды.** *Көмекке, демеу болуға шақырды.* **Мият тұтты [қылды]**. *Арқа сүйеді, медет тұтты.*

**МИЯТАМЫР** з а т. ө с. <лат. clycyrrhiza uralensis> *Бұршақ тұқымдас мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МИЯТКЕР** з а т. **1.** *Мият тұтушысы, арқа сүйері, қамқорлығына алушы бастық.* **2.** *Белгілі бір шараларды ұйымдастыруға, жаңадан құрылатын кәсіпорынның жарғылық қорына өтеусіз қаржы бөлуші.*

**МИЯТКЕРЛІК** з а т. *Мияткер болушылық.*

**МИЯТСЫЗ** с ы н. *Медет тұтар сүйенішсіз, тірексіз.*

**МИЯТТА**= е т. *Көңілге медеу ету, мият тұту.*

**МИЯТТАЙ** с ы н. *Мият сияқты, мият тәрізді.*

**МИЯУ** о д. *Мысықтың мияулаған дыбысы.*

**Мияу мәдениет.** с ө й л. *Сырт көзге әдепті болып көрінушілік.*

**МИЯУЛА**= е т. **1.** *Мысықтың мияу-мияу деп дыбыс шығаруы.* **2.** а у ы с. *Ыңылдап, ыңырана беру.*

**МИЯУЛАС**= е т. *Мысықтардың қосыла мияулауы.*

**МИЯУЛАТ**= е т. *Мияулауға мәжбүр ету, себепкер болу.*

**МИЯУЛАТУ** *Мияулат етістігінің қимыл атауы.*

**МИЯУЛАУ** *Мияула етістігінің қимыл атауы.*

**МНЕМОКОД** з а т. и н ф. *Мәшинелік икемделген тілдердің негізіне тиісті мәшинелік команданың символикалық жазбасы.*

**МНЕМОНИКА** [грек. mnemonikon] з а т. *Бір нәрсені ұмытып қалмай, жадында сақтау үшін қолданылатын әдістердің жиынтығы.*

**МНЕМОНИКАЛЫҚ** с ы н. *Мнемоникаға қатысты, мнемоникаға тән.*

**МОАТӘРІЗДІЛЕР** з а т. з о о л. <лат. dinornithiformes> *Қырсыз төсті құстардың жойылып кеткен отряды.*

**МОБИЛИЗАЦИЯ** [лат. mobilis] з а т. **1.** ә с к. *Мемлекеттің Қарулы Күштерін бейбітшілік жағдайдан соғыс жағдайына көшіру ісі.* **2.** ә с к. *Әскери міндетті адамдарды жаппай әскери қызметке шақыру ісі.* **3.** *Қайсыбыр тапсырманы шұғыл түрде орындау үшін халықты іске тартып, жұмылдыру әрекеті.*

**МОБИЛИЗАЦИЯЛА**= е т. **1.** *Көпшілікті бір нәрсеге жұмылдыру, ұйымдастыру.* **2.** ә с к. *Әскери міндетті адамдарды жаппай әскер қатарына шақыру.*

**МОБИЛИЗАЦИЯЛАН**= е т. *Бір нәрсеге жұмылдырылу, ұйымдастырылу.*

**МОБИЛИЗАЦИЯЛАНУ** *Мобилизациялан етістігінің қимыл атауы.*

**МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ** *Мобилизацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МОБИЛИЗМ** [лат. mobilis] з а т. г е о л. *Литосфералық ірі тақталардың шалғай қашықтыққа (бірнеше мың км-ге дейін) көлбеу бағытта жылжуы туралы геологиялық жорамал.*

**МОГАР** з а т. ө с. *Жылу сүйгіш, құрғақшылыққа төзімді, астық тұқымдас біржылдық шөптесін өсімдік.*

**МОГИКАН** з а т. э т н. *Құрып біткен солтүстік америкалық үндіс тайпасы.*

**МОГУЛ** [ағыл. mogul] з а т. с п о р т. *Тау шаңғысымен биік төбелерден жоғары жылдамдықпен шоқылы, ирелең жолдармен түсетін шаңғы жарысының бір түрі.*

**МОҒАЛ** с ы н. с ө й л. ***Доғал.***

**МОҒАЛДАУ** с ы н. с ө й л. ***Доғалдау.***

**МОҒОЛ: моғол ығыру.** *Ағаштан жасалған ыдыс пен домбыраның ішкі қуысын әрлеп жонуға арналған имек металдан өткір жүзін шығарып жасалған сайман.*

**МОДА** [франц. mode] з а т. **1.** *Киімнің, тұрмыс заттарының сыртқы пішіні жағынан өз заманына сай сәні.* **2.** *Ең жаңа сәнге сай келетін әйел туалетінің заттары.*

**МОДАГЕР** з а т. с ө й л. *Сәнқой, сәнгер, модашы.*

**МОДАЛЫ** с ы н. **1.** *Соңғы модамен тігілген, модаға лайық, сәнді.* **2.** а у ы с. *Жиі қолданыла бастаған, соңғы кездері көп айтылып жүрген.*

**МОДАЛЫҚ** с ы н. *Модаға қатысты, соған тән.*

**МОДАЛЬ: модаль демеуліктер.** л и н г в. *Шындық өмірдің болмысы жайында айтылған сөйлеушінің пікіріне әртүрлі реңк мәндерін үстейтін шылаулар.* **Модаль сөз.** л и н г в. *Сөйлеушінің айтайын деген ойға, ақиқат шындыққа қатысын, көзқарасын білдіретін сөз.*

**МОДАЛЬДЫ: модальды сөз.** л и н г в. с ө й л. *Сөйлеушінің айтайын деген ойға қатысын, көзқарасын білдіретін сөз.*

**МОДАЛЬДЫҚ** с ы н. л и н г в. *Модальға қатыстылық, модальдылық.*

**МОДАЛЬДЫЛЫҚ** [франц. modalite] з а т. **1.** б и о л. *Белгілі бір сенсорлық жүйенің белсенуі негізінде пайда болатын түйсіктер жиынтығы.* **2.** л и н г в. *Айтылған пікірдің шындық болмысқа, сонымен бірге оған сөйлеушінің әртүрлі субъективтік бағасын білдіретін функционалды-семантикалық категория.*

**МОДАШЫ** з а т. *Мода бойынша киім тігуші.*

**МОДАШЫЛ** с ы н. *Мода қуғыш, мода бойынша киім киюге құмар, сәнқой.*

**МОДЕЛИЗМ** з а т. *Модель жасау үлгісі.*

**МОДЕЛЬ** [лат. modulus] з а т. т е х. **1.** *Өндіріске шығарылатын бір нәрсенің немесе конструкцияның үлгі өрнегі, маркасы.* **2.** *Бір нәрсенің кішірейтілген немесе үлкейтілген нұсқасы, макеті.*

**МОДЕЛЬДЕ**= е т. *Бір нәрсенің үлгісін (макетін) жасау.*

**МОДЕЛЬДЕНДІР**= е т. *Бір нәрсенің үлгісін жасату.*

**МОДЕЛЬДЕНДІРУ** *Модельдендір етістігінің қимыл атауы.*

**МОДЕЛЬДЕУ¹** з а т. т е х н. *Технологиялық үдерісті зертханалық жағдайда зерттеу.*

**МОДЕЛЬДЕУ²** *Модельде етістігінің қимыл атауы.*

**МОДЕЛЬДІ** с ы н. *Сәнді, сәнмен дайындалған.*

**МОДЕЛЬДІК** с ы н. *Модельге қатысты, соған тән.*

**МОДЕЛЬЕР** [франц. modeleur] з а т. *Сәнді, модельді заттың жеке үлгісін дайындайтын маман; модельші.*

**МОДЕЛЬШІ** з а т. *Модель жасаушы, макетші, модельер.*

**МОДЕМ** [ағыл. modem] з а т. и н ф. *Стандартты телефон желісі арқылы компьютердің мәліметін жөнелтіп, қабылдайтын электрондық құрылғы.*

**МОДЕРАТОР** [лат. moderator] з а т. м у з. **1.** *Шекті музыка аспаптарында үннің күшін реттеп тұратын тетік.* **2.** т е х. *Мәшиненің жүріс қарқынын реттеп тұратын тетік.*

**МОДЕРН** [франц. moderne] з а т. ө н е р. *Көркемөнерде, архитектурада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында болған ағым.*

**МОДЕРНДЕНУ** з а т. *Заман талабына сай өзгеру, жетілдіру, жаңару үрдісі.*

**МОДЕРНДІК** с ы н. *Модернге қатысты, соған тән.*

**МОДЕРНИЗАЦИЯ** [франц. modernisation] з а т. *Қазіргі талапқа сай етіп жаңалаушылық, жаңғыртушылық.*

**МОДЕРНИЗАЦИЯЛА**= е т. *Қазіргі талаптарға сай ету, жаңалау; жаңғырту.*

**МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ** *Модернизацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МОДЕРНИЗМ** [франц. modernisme] з а т. ө н е р. *XX ғасырдағы әдебиет пен өнерде, мәдениетте қалыптасқан философиялық-эстетикалық қозғалыс.*

**МОДЕРНИСТ** з а т. ө н е р. *Модернизмді жақтаушы.*

**МОДЕРНИСТІК** с ы н. *Модернизм бағытындағы, соған қатысты, тән.*

**МОДИЙ** [лат. modius] з а т. ф и з. *Сұйық және сусымалы заттардың көлемін өлшеуге арналған өлшем бірлігі.*

**МОДИФИКАТОР** з а т. и н ф. *Бағдарламалауда команданы басқаратын немесе оны түрлендіретін параметр.*

**МОДИФИКАЦИЯ** [лат. modificaftio] з а т. **1.** ғ ы л. *Түрлену, түрін өзгерту ісі.* **2.** ф и з. *Көптеген физикалық қатты дененің әркелкі күйі.*

**МОДИФИКАЦИЯЛА**= е т. х и м. *Арнаулы заттар қосу арқылы сұйық дененің механикалық қасиетін өзгерту.*

**МОДИФИКАЦИЯЛЫҚ** с ы н. *Модификацияға байланысты, қатысты.*

**Модификациялық жұрнақ.** л и н г в. *Жаңа мағыналы сөз тудырмағанмен, түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосатын қосымша.*

**МОДУЛЬ¹** [лат. modulus] з а т. с ә у л е т. *Құрылыстағы және сәулет өнеріндегі шартты бірлік.*

**МОДУЛЬ²** з а т. м а т. *Қандай да бір математикалық объектінің сандық сипаттамасы.*

**МОДУЛЬ³** **з а т.** *Су көлемінің бір бөлігін бағдарлау үшін қолданылатын шартты өлшем бірлігі.*

**МОДУЛЬДІК** с ы н. *Модульге қатысты, соған тән.*

**МОДУЛЯТОР** з а т. к и н о. **1.** *Кинопленкаға дыбыс түсіру үшін қолданылатын аспап.* **2.** *Кейбір физикалық процестің параметрін келіп жатқан сигналдың маңызына сәйкес өзгерте алатын құрал.*

**МОДУЛЯЦИЯ** [лат. modulatio] зат. муз. **1.** *Бір үннен басқа үнге көшу.* **2.** *Үннің құбылжуы, бір құбылып, бір қайтып өзгеруі.*

**Модуляция коэффициенті.** физ. *Модульдаушы белгі амплидудасының амплитудалық модуляция кезіндегі модульданушы тербелістер амплитудасына қатынасы.*

**МОДУЛЯЦИЯЛА=** ет. *Модуляция тәсілін қолдану.*

**МОДУЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. муз. *Модуляцияға тән, модуляцияға қатысты.*

**МОДУС** [лат. modus] зат. филос. *Субстанцияға тек кейбір жағдайда ғана тән болатын қасиетті белгілейтін философиялық термин.*

**МОЖА** сын. **1.** *Кәрі, жасы келген, қартайған.***2.** *Ескірген, тоз-тозы шыққан.*

**Можа бие**. *Кәрі бие.*

**МОЖА=** ет. *Мыж-мыж болу, әжім басу.*

**Көңілі можап қалды.** *Көңілі су сепкендей басылды.*

**МОЖАБАЙ** сын. экспр. ***Можа***.

**Можабай болды**. *Қажыды, шаршады.*

**МОЖА-МОЖА** сын. *Әбден қартайған, кәріліктен әбден қалжыраған, мыж-мыж.*

**МОЖАНТОМПАЙ** сын. *Момын, қақсоқпен ісі жоқ, жуас.*

**МОЖАНТОМПАЙЛАУ** сын. *Момындау, аздап можантомпай.*

**МОЖАНТОМПАЙЛЫҚ** зат. *Можантомпай болушылық, момындық.*

**МОЖАҢҚЫРА=** ет. *Можа болыңқырау, қартайыңқырау.*

**МОЖАР** зат. жерг. *Сатылы арба.*

**МОЖУ** *Можы етістігінің қимыл атауы.*

**МОЖЫ** зат. өс. *Аласа өскен, күлгін түсті гүлі бар дәрілік шөп.*

**МОЖЫ=** ет. **1.** *Шаршап-шалдығу, діңкелеу.* **2.** ауыс. *Ренжу, көңілі қалу.*

**МОЖЫҒАН** сын. *Мүжіліп, әбден қартайған, еңбекке жарамай қалған.*

**МОЖЫҚ** сын. *Басы мүжілген, кетік, шолақ.*

**МОЖЫТ=** ет. *Шаршатып-шалдықтыру, қажыту, мойыту, діңкелету.*

**МОЖЫТУ** *Можыт етістігінің қимыл атауы.*

**МОЗАЗАВР** зат. зоол. <лат. mosasauridae> *Жойылып кеткен алып теңіз кесіртке тұқымдасы.*

**МОЗАЙКА** [франц. mosaique] зат. өнер. *Түрлі-түсті шыны, мрамор, тас сынықтарынан өрнектеп жасалған көркемөнер туындысы.*

**Мозайка ауруы**. бот. *Темекі жапырағының теңбілденіп, өте күшті өзгеріп кетуі.*

**МОЗАЙКАЛЫҚ** сын. *Мозаикаға қатысты, соған тән.*

**МОЗАЙКАШЫ** зат. *Мозайка шебері.*

**МОЙНАҚ**[1] зат. **1.** *Түйенің және басқа малдың алқымынан басына дейінгі мойын терісі.* **2.** сөйл. *Түйе.* **3.** этн. *Түйенің мойын терісінен жасалған торсық.* **4.** этн. *Алтын, күміс шытыралармен әшекейленген яки батырма өрнек салынған, қымбатты бұйымдарды сақтайтын дорба, қалта.* **5.** ауыс. *Тау басының түйе мойнына ұқсас иілген жері.*

**Мойнақ келгір.** қарғ. *Түйеге айтылатын қарғыс.*

**МОЙНАҚ**[2] зат. **1.** кәс. *Көріктің отқа жел үрлейтін өңеші, үрімпар.* **2.** *Пышақ және басқалардың сабына салынатын сақина шығыршық.* **3.** *Отқа төзімді материалдардан жасалатын қымталған ыдыс.*

**Мойнақ қалып.** *Пышақ, қырғы т.б. тұтқасына сақина соғатын қалып.* **Мойнақ пышақ.** *Сабына сақина салған (шығыршық кигізген), селебеден кіші пышақ.*

**МОЙНАҚ**[3] зат. **1.** құр. *Құрылыс жұмысы кезінде бөгеттің қазаншұқырын су басудан қорғайтын топырақ үйінділі қоршау.* **2.** геогр. *Құрлықтың едәуір ірі бөліктерін, материк пен түбекті өзара жалғастыратын және екі су айдынын бір-бірінен ажыратып тұратын жіңішке алабы.*

**МОЙНАҚ**[4]**: мойнақ шағала.** зоол. *Шағаланың Қазақстан аумағында кездесетін жоғалып бара жатқан сирек түрі, реликт шағала.*

**МОЙНАҚТАЛ=** ет. *Мойнаққа ұқсап иілу.*

**МОЙНАҚША** үст. *Кішірек, аласалау мойнақ.*

**МОЙНАПА** зат. жерг. *Бас жіп.*

**МОЙПАП** сын. сөйл. *Өтпейтін, өтпес.*

**МОЙРЫЛ=** ет. **1.** *Майысу, қисаю.* **2.** *Жүзі қайырылу, өтпей қалу.* **3.** ауыс. *Қиыншылыққа төзбей, қажу, жасу.*

**МОЙРЫЛТ=** ет. **1.** *Майыстырту, қисайттыру.* **2.** ауыс. *Жасыту, қажыту.*

**МОЙРЫЛТУ** *Мойрылт етістігінің қимыл атауы; жасыту, қажыту.*

**МОЙРЫЛУ** *Мойрыл етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙСАПЫТ** сын. жерг. *Салиқалы, салауатты, жасы келген.*

**МОЙТАП: мойтап болды.** *Қиыншылық көріп мойыды.*

**МОЙЫ=** ет. *Қиыншылық көріп жасу, көну, көндігу.*

**МОЙЫҒЫШ** сын. *Көнгіш, көндіккіш.*

**МОЙЫҚ=** ет. көне. *Әбден қажу; аузы-мұрнынан шығып лықа тою; асып-тасу.*

**МОЙЫЛ** зат. өс. <лат. padus> **1.** *Діңі мен бұталары қара сұр түсті, қабықты, жұпар иісті, ақ гүлі бар, қара жемісті ағаш.* **2.** *Осы ағаштың жемісі.*

**Мойыл көз [көзді].** *Қара көз.* **Мойыл қара.** *Шымқай қара, өте қара.*

**МОЙЫЛ=** ет. сөйл. *Ренжіп жүріп қажылу, ынжықталу.*

**МОЙЫЛБАС** зат. өс. *Мойыл сияқты жемісі бар бұта.*

**МОЙЫЛҒЫШ** сын. *Ренжи беретін, кейігіш, ынжық.*

**МОЙЫЛДАЙ** сын. *Мойыл сияқты қапқара.*

**МОЙЫЛДЫ** сын. *Мойылы бар, мойыл өскен.*

**МОЙЫЛДЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Мойынтұрық***.

**МОЙЫМАС** сын. *Қиынышылыққа төзгіш, мойымайтын.*

**МОЙЫМАУ** *Мойыма етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫН** зат. **1.** анат. *Адам не жануарлардың басын кеудемен жалғастыратын дене мүшесі.* **2.** *Қойшының сыбағасы саналатын, сүйегі көп, еті аздау мүше.* **3.** этн. *Сәбидің мойны тез бекіп, қатаю үшін жас босанған әйелге арнайы асылатын мүше.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің басымен жалғасқан жері.* **5.** ауыс. сәул. *Құрылыс кезінде гидротехникалық ғимаратты немесе оның қазаншұңқырын су басудан қорғайтын қоршау (бөгет).*

**Мойны алыс [қашық].** *Арасы алшақ, алыс.* **Мойны астынан [астына] келді [түсті].** *Оңбай құлады; ойсырай жеңілді, сәтсіздікке ұшырады.* **Мойны босады.** *Қолы тиді, арқабасы кеңіді, жеңілденді.* **Мойны жар бермеді.** *Жалқаулығы ұстады, кежегесі кейін тартты, жұмысқа беттемеді.* **Мойны жуан.** а) *Ауқатты, күйлі, шаруашылығы бай.* ә) *Әлді, күшті.* **Мойны қатты**. *Белгілі бір іске икемі, бейімділігі жойылды.* **Мойны қашық.** *Жері алыс, жырақ, шалғай.* **Мойнымен көтерді.** а) *Бәріне төзді, көнді, шыдады.* ә) *Өз қатесін өзі түзеді.* **Мойнына ақша мінді.** *Ақша қарыздар болды.* **Мойнына ала қап [қоржын] салды [ілді].** *Тентіреді, қайыр тіледі, қайыршыланды.* **Мойнына алды.** а) *Кінәсін, айыбын мойындады.* ә) *Бір нәрсені міндетіне алды, міндетті болды.* б) *Тәуекел етті, бел байлады.* **Мойнына арқан салды.** *Дегеніне күштеп көндірді, бағындырды.* **Мойнын алдырды**. *Жегілген көлік мойны қажалып, жауыр болды; атарқасының жауыр болуы.* **Мойнына артты [жүктеді].** а) *Міндеттеді, жүктеді, мәжбүр етті.* ә) *Кінәлады, күнә жүктеді.* **Мойнына бұршақ салып [тілеу] тіледі [салды].** көне. *Ақ тілеу тіледі, жалбарынды.* **Мойнына дорба салды.** *Ел кезіп, тентіреп кетті.* **Мойнына ер еттемей мінді.** *Әбден басынып алды, басына шықты, билеп алды.* **Мойнына кескек салып.** *Азаптанып, жауыр болып, қиналып.* **Мойнына кісесін салды.** *Аллаға, Тәңірге сиынып жалбарынды, өтінді.* **Мойнына қамыт киді [салды].** *Өзін-өзі азапқа салды, бұғауға ілікті.* **Мойнына қойды.** *Шынын айтқызды, айып кінәсін мойындатты.* **Мойнына қоржын ілгізді.** *Қайыр сұратты, тілендірді, қайыршылыққа салды.* **Мойнына құрық тимеген.** *Үйретілмеген, шу асау.* **Мойнына құрық түсті.** а) *Біреуге кіріптар болды, еркінен айырылды, қолға түсті.* ә) кекесін. *Басы бос емес, үйленді, ерге шықты.* **Мойнына құрым байлады [жапты, ілді].** этн. *Бұрыннан қалыптасқан ата дәстүрді бұзған адамды жұртқа масқаралап көрсету үшін берілетін жазаны қолданды, қорлады.* **Мойнына қыларқан [бұрау] түсті [оралды].** а) *Бұғауға, тұтқынға түсті; кіріптар болды.* ә) *Бодан болды, кіріптар болды.* **Мойнына мінді [мініп алды].** а) *Басынып алды, басқа шықты.* ә) *Біреудің арқасында күн көрді, масыл болды.* **Мойнынан жалы кетті.** *Арықтады, арыды.* **Мойнынан қамыт түспеді.** *Ауыр азаптан құтылмады, қиналды, азап шекті.* **Мойнына сайтан мінген.** *Өн бойын сайтан билеп, жын жайлаған, қулық-сұмдық жолына түскен.* **Мойнына салды**. а) *Мойнына алғызды, мойындатты.* ә) *Жүктеді, жауапты етті.* **Мойнын астынан келтірді.** *Алып ұрды, жеңді, оңдырмай құлатты.* **Мойнына су кетті [күйылды.]** *Үнжырғасы түсті, мойыды, жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Мойнына тау тесіп ілді.** *Ауыр азап шектірді, қинады, қиын іс істетті.* **Мойнына төрт қары бөз ілу.** *Өлген адамға кебін кигізу.* **Мойнына түсті.** *Мойнына жүктелді, міндеттелді.* **Мойнына шылбыр салды.** *Ақ тілеу тіледі, жалбарынды.* **Мойнын бұрады [қайырды].** *Ырыққа көндіріп, дегенін істетті.* **Мойнын бұрды**. а) *Көңіл бөліп қарады, назар салды.* ә) *Көңіл бөлді, мән берді, назар аударды.* **Мойнындағы кескектен бетер жек көреді.** *Көргісі келмейді, қатты жек көреді.* **Мойнында қарызы бар [кетті]**. *Әлі өтей алмаған қарызы, міндет бар.* **Мойнын қылтың-қылтың еткізді.** *Мойнын қайта-қайта созды.* **Мойнын созды.** а) *Ілгері ұмтылды.* ә) *Талпынды, ұмтылды, дәмеленді.* **Мойнын үздіртті.** *Мүрдем кетіртті, желкесін қиғызды.* **Мойнын ішіне алды**. *Тоңғанда, ешкіммен сөйлескісі келмегенде, ұнатпағанда, жақтырмағанда, білдіргісі келмегенде, мойнын жағаға тығып, бұқшиятын қимыл ишарат.* **Мойнын ішіне тықты.** *Үнжырғасы түсті, берекесі кетті.* **Мойның үзілгір!** қарғ. *Өліп кеткір, мүрдем кеткір!* **Мойны озды.** *Маңдай алды, атақты, беделді болды.* **Мойны озық.** *Алдыңғы қатарда, алда.* **Мойны түсті**. *Көңіл күйі болмады, ұнжырғасы түсті.* **Мойны ырғайдай**. *Ұзынтұра, тіп-тік.* **Мойны ырғайдай, биті торғайдай [сирағы шидей].** *Азып-тозған, жүдеп-жадаған.*

**Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды**. *Әбден арып-ашып, азып-тозды, жүдеп-жадады.* **Мойын бермеді.** *Ырыққа көнбеді, келіспеді.* **Мойын бұрғызбады.** *Мұршасын келтірмеді, мүмкіндік бермеді.* **Мойын бұрмады**. *Көңіл бөлмеді, елемеді, ескермеді.* **Мойын бұруға [бұрар] шамасы [мұршасы] жоқ [келмеді].** а) *Мұршасы болмады, уақыты жетпеді.* ә) *Ешқайда соға алмады, тура келді.* **Мойынды қашыққа [сыртқа] салып кетті [салды].** *Сырттап, алыстап, ырық бермей кетті.* **Мойын жастық.** *Мойын астына салатын жастықша.* **Мойын жіп.** *Мойынға байлайтын жіп, бау.* **Мойын қойды.** *Ынтасын қойды, белсене кірісті, ниеттенді.* **Мойын оздырысты.** *Ілгерледі, алға шықты, бір-бірінен озды.* **Мойын омыртқа.** анат. *Омыртқа жүйесінің мойын тұсындағы бөлігі.* **Мойын салды.** а) *Алдына барып қиылып сұрады, өтінді.* ә) *Назар аударды, көңіл бөлді.*

**МОЙЫН[2]** зат. *Шіркеулік дулығаның жарық түсетін тесіктері жоқ жабық барабаны.*

**МОЙЫНАҒАШ[1]** зат. *Мойынға салып, шелекпен су әкелетін иін ағаш; әкпіш.*

**МОЙЫНАҒАШ[2]** зат. этн. **1.** *Жауыр болған жылқыға жарасын қағып ушықтырмау үшін байланатын ағаш.* **2.** сөйл. ***Мойынтұрық.***

**МОЙЫНАРЫҚ** зат. кәс. *Бас арықтан тартылған арық.*

**МОЙЫНБАУ** зат. сөйл. ***Мойынтақ.***

**МОЙЫНДА=** ет. **1.** *Бір нәрсені мойнына алу, көну.* **2.** *Ден қою, мойынсұну.* **3.** *Тану, есептесу.*

**МОЙЫНДАҒАНДЫҚ** зат. *Мойнына алғандық, келіскендік.*

**МОЙЫНДАҒЫ** сын. *Мойынға жүктелген, міндетіне алған.*

**МОЙЫНДАЙ** сын. *Мойын сияқты, мойын тәрізді.*

**МОЙЫНДАЛ=** ет. **1.** *Танылу, есептелу, саналу.* **2.** *Келісу, мақұлдау.* **3.** *Бар екені, орын алғаны расталу.*

**МОЙЫНДАЛУ** *Мойындал етістігінің қимыл атауы, танылуы.*

**МОЙЫНДАН=** ет. сөйл. *Мойынға ұқсап шығыңқы болу.*

**МОЙЫНДАС[1]=** ет. **1.** *Мойындарын тиістіру, қатар қою.* **2.** *Құшақтасу, қойындасу.*

**МОЙЫНДАС[2]=** ет. *Мақұлдасу, келісу, растау.*

**МОЙЫНДАСТЫР=** ет. *Мойындасуға мәжбүрлеу, мойындасуға әсер ету.*

**МОЙЫНДАСТЫРУ** *Мойындастыр етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНДАСУ** *Мойындас етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНДАТ=** ет. **1.** *Мойнына алдырту.* **2.** *Өзін таныту, пікірімен есептестіру.*

**МОЙЫНДАТҚЫЗ=** ет. **1.** *Мойнына алғызу, мойындату.* **2.** ауыс. *Біреуге білімін, өнерлігін т.б. қасиеттерін танытқызу.*

**МОЙЫНДАТҚЫЗУ** *Мойындатқыз етістігінің қимыл атауы; мойнына алғызу.*

**МОЙЫНДАТҚЫШ** сын. *Мойындатушы, мойнына салушы.*

**МОЙЫНДАТТЫР=** ет. *Мойнына алғызу, мойындатқызу.*

**МОЙЫНДАТТЫРУ** *Мойындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНДАТУ** *Мойындат етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНДАУ** *Мойында етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНДАУШЫ** зат. **1.** *Мойнына алған адам.* **2.** *Растаушы, келісуші.* **3.** *Танушы, ұстанушы адам.*

**МОЙЫНДАУШЫЛЫҚ** зат. *Бойұсынушылық, растау, келісім.*

**МОЙЫНДЫ** сын. **1.** *Мойны бар, мойны ұзын.* **2.** этн. *Сағасы ұзын.*

**МОЙЫНДЫҚ[1]** зат. сәулет. *Пештің және басқа заттың мойын тұсы.*

**МОЙЫНДЫҚ[2]** зат. сәулет. *Қатпарлы күмбез.*

**МОЙЫНДЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Мойынтұрық.***

**МОЙЫНҚҰР** зат. этн. жерг. *Аттың, түйенің мойнына әдемілік үшін ілінетін, нақыштап тоқылған құр.*

**МОЙЫНОРАҒЫШ** зат. <пол. szarfa> *Мойынға салатын мойынорауыш, шарф.*

**МОЙЫНОРАУЫШ** зат. *Сырт киімнің ішінен, мойын орайтын, енсіз орамал; шарф.*

**МОЙЫНПЕШ** зат. жерг. *Пештің түтін жолы, құбыры.*

**МОЙЫНСА[1]** зат. этн. *Жауыр аттың мойнына байлайтын кіре ағаш; өгіздің жармасы.*

**МОЙЫНСА[2]** зат. сөйл. ***Мойынағаш.***

**МОЙЫНСАЛ** сын. *Бір нәрсеге ренжіп мойыған.*

**МОЙЫНСЕРІК** зат. тар. *Алғаш ұйымдасқан шаруалар шаруашылығының ұйымы, қожалық.*

**Мойынсерік болды.** *Бірігіп, ортақтасып жұмыс істеді.*

**МОЙЫНСУ[1]** зат. егіншар. *Егістің екінші рет суғаратын суы.*

**МОЙЫНСУ[2]** *Мойынсы етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНСҰН=** ет. **1.** *Бір нәрсеге көну, бағыну.* **2.** *Мойындау, мойнына алу.*

**МОЙЫНСҰНДЫР=** ет. *Бір нәрсеге көндіру, бағындыру.*

**МОЙЫНСҰНДЫРУ** *Мойынсұндыр етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНСҰНУ** *Мойынсұн етістігінің қимыл атауы, көну, көндігу.*

**МОЙЫНСЫ=** ет. сөйл. ***Мойынсұн.***

**МОЙЫНСЫЗ** сын. **1.** *Мойны жоқ, мойынның қатысынсыз.* **2.** *Мойны тым қысқа.*

**Мойынсыз аналық.** бот. *Кейбір өсімдіктің аналық мойны аласа болып немесе мүлдем болмай, аналық аузы бірден жатынымен жалғасып жатуы.*

**МОЙЫНСЫН=** ет. **1.** *Бір нәрсеге көну, көндігу.* **2.** *Мойнына алу, растау.*

**МОЙЫНСЫНУ** *Мойынсын етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНСЫТ=** ет. *Бір нәрсеге көндірту, көндіктіру, жуасыту.*

**МОЙЫНСЫТУ** *Мойынсыт етістігінің қимыл атауы.*

**МОЙЫНТАҚ** зат. <нем. Halstuch> **1.** *Көйлектің жағасын орай алқымын түйіп, мойынға байлайтын жібек не басқа матадан тігілген бұйым.* **2.** совет. *Пионерлер тағатын үш бұрышты қызыл мата.* **3.** *Малдың мойнына байлайтын жіп.*

**МОЙЫНТАСТАР[1]** зат. этн. *Шаңырақтан мүжілген омыртқаны орамалға орап күйеу жігіттің сыртқа лақтыруы.*

**МОЙЫНТАСТАР[2]** зат. этн. *Жас жұбайлардың үйленіп, отау көтерген кезде үйді тігісіп, шаңырақ көтерген адамға берілетін кәденің бірі.*

**МОЙЫНТАУЛЫҚ**: **мойынтаулық қылды**. *Алғанын қайтармай сіңіріп кету мақсатымен өлермендік жасады.*

**МОЙЫНТҰМАР** зат. *Шынжырға өткізіп, мойынға тағатын әйелдердің сәндік бұйымы; кулон.*

**МОЙЫНТҰРЫҚ** зат. *Арба, шана, соқа тартатын өгіздің мойнына салатын арнаулы ағаш, құрал.*

**МОЙЫНТЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Мойынтұрық.***

**МОЙЫНША[1]** зат. *Бөкебай, мойынорағыш.*

**МОЙЫНША[2]** зат. жерг. ***Қамыт.***

**МОЙЫНШАЛҒЫ** зат. жерг. *Бөкебай, шарф.*

**МОЙЫНШАЛҒЫШ** зат. жерг. *Бөкебай, шарф.*

**МОЙЫНШЫҚ** зат. сөйл. *Бөгет, тосқауыл.*

**МОЙЫҢҚЫ** сын. сөйл. *Ұйымдасқан, серіктескен.*

**МОЙЫС** сын. *Доғал мінезді, морт, дүңк еткіш.*

**МОЙЫТ=** ет. *Қиыншылықтан қажыту, жасыту.*

**МОЙЫТУ** *Мойыт етістігінің қимыл атауы.*

**МОККО** зат. *Кофенің өте жақсы, құнды сұрпы.*

**МОКША** зат. этн. *Мордваның этникалық тобы және сол топқа жататын адам.*

**МОҚАЛ** сын. **1.** *Ұшы қайтқан, доғал, тұқыл.* **2.** *Қысқа, доңғалаңдаған.* **3.** ауыс. *Аласа, жатаған.*

**Моқал адам.** *Сөзге шорқақ адам.*

**МОҚАЛ=** ет. *Ұшын доғал ету, тұқылдау.*

**МОҚАЛДАУ** сын. *Үшкір емес, доғалдау, тұқылдау.*

**МОҚЫРЫМ** сын. сөйл. *Мақұрым, мүлдем жоқ, атымен жоқ, жұрдай, ада-гүде.*

**МОЛ[1]** зат. *Портқа кіретін жерде салынған құрылыстар.*

**МОЛ[2]** сын. **1.** *Аса көп, жетерлік. // Аямай, аста-төк қылып.* **2.** *Таусылмайтын, аста-төк.* **3.** ауыс. *Кең, үлкен. // Кеңінен, құлаштап.* **4.** *Толық, семіз.* **5.** ауыс. *Жомарт, қолы кең.* **6.** ауыс. *Ауыр. // Шебер, майталман. // Белшесінен.*

**Мол жетті.** *Кеңінен, емін-еркін жетті.* **Мол қол**. *Қолы ашық, жомарт, береген.* **Мол қолдық.** *Қайырымдылық, жомарттық, қолында барын аямаушылық.* **Мол қолдылық.** *Жомарттық, мырзалық.* **Мол қылды.** *Бәрін салды, аста-төк қылып, ештемесін аямады.*

**МОЛА** зат. *Өлген адамның сүйегі жерленген жерге тұрғызылған жай, бейіт.*

**Мола болып қалды.** *Қайтыс болды, өлді.* **Мола бүркіт.** саят. *Қартайған бүркіт [Бүркіт қартайғанда әлі кетіп моладай мүжіледі, әрі аяздан ызып моланы мекендегіш келеді].* **Молаға дұға қылды.** діни. *Аруақтарға бағыштап Құран оқыды, бейіт басына келіп марқұмды еске алып жүрді.* **Молаға түнету**. миф. *Қасиетті аруақтардан, әулие-әнбиелерден тілегін жеткізуге медет болуды сұрап, олардың моласына барып түнімен тілек қылып таңды атыру көне ырымы.* **Моламды іздемеңдер.** *Өлгенде де еске алмаңдар деген мағынадағы қатты көңілі қалған кісінің біржола арақатынасын үзгенін зілмен айтқанда қолданылатын сөзі.* **Моланы жаңғыртты.** *Ескі моланы қайталап қалап, сыртын жөндеді.*

**МОЛАДАЙ** сын. **1.** *Мола сияқты, мола тәрізді.* **2.** ауыс. *Доңкиген, қоқиған.* **3.** ауыс. *Тым-тырыс, жым-жырт.*

**МОЛАЙ=** ет. **1.** *Көбею, ұлғаю.* **2.** ауыс. *Кеңею, тереңдеу.*

**МОЛАЙТ=** ет. *Көбейттіру, ұлғайту.*

**МОЛАЙТУ** *Молайт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арттыру, көбейту.* **2.** *Жоғарылату, қосу.*

**МОЛАЙТУШЫ** сын. *Көбейтуші, өсіруші.*

**МОЛАЙТЫЛ=** ет. *Көбейтілу, ұлғайтылу.*

**МОЛАЙТЫЛУ** *Молайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**МОЛАЙТЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Көбейтіңкіреу, өсіріңкіреу.* **2.** *Үдете түсу, өршітіңкіреу.*

**МОЛАЙТЫҢҚЫРАУ** *Молайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МОЛАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Молая түсу, көбейтіңкіреу.*

**МОЛАҚ** сын. *Қысқа, шолақ.*

**МОЛАҚА** зат. жерг. *Қарақшы, белгі.*

**МОЛАЛЫ** сын. *Моласы бар, моласы көп.*

**МОЛАҢДАУ** сын. *Молдау, көптеу.*

**МОЛАССА** [франц. molasse] зат. геол. *Литологиялық құрамы күрделі терригендік қабаттардан құралған тау етектерінде шоғырланған тау жыныстарының жиынтығы.*

**МОЛАСЫЗ** сын. *Моласы жоқ, мола тұрғызылмаған. // Көмусіз, жерлеусіз.*

**МОЛАШЫ** зат. *Молаға қараушы қызметкер.*

**МОЛАЮ** *Молай етістігінің қимыл атауы.*

**МОЛДА** [ар. ملا] зат. **1.** діни. *Құранды, діни ғибадатты жақсы білетін діни рәсімді атқарушы, мұсылмандардың діни қызметкері. // Намазға жығылғыш, діндар.* **2.** ауыс. *Діндарсымақ, молда атын жамылған, арамза молда.*

**Молда болды**. а) *Жуасыды, момын болды; тақуа өмір кешті.* ә) *Сауатын ашып, білімді болды.* **Молдаға оқытты.** діни. *Науқасты молда әкеліп, Құран сүрелерімен емдеді, молдаға дем салдырып, ұшкіртті.* **Молдадан сабақ алды.** *Арабша сауатын ашып, діни сабақ алды.* **Молда сүрей.** *Шала молда, молдасымақ.*

**МОЛДА: молда балық.** сөйл. *Итбалықтың азғын түрі.*

**МОЛДАБАС** зат. жерг. *Құмды жердегі кесірткенің бір түрі.*

**МОЛДАБАТША** зат. *Діни оқуда оқып жүрген, әлі бітірмеген шәкірт молда.*

**МОЛДАВАН** зат. этн. *Молдава Республикасының жергілікті халқы, этникалық қауымдастық өкілі.*

**МОЛДАДАЙ** сын. *Молда сияқты, молда тәрізді.*

**МОЛДАКЕШ** зат. сөйл. *Молдасымақ.*

**МОЛДАЛЫҚ** зат. **1.** *Молда болушылық, молда қызметін атқарушылық.* **2.** *Молдаға тән іс-әрекет, мінез-құлық.*

**Молдалық құрды [қылды].** *Молданың қызметін атқарды, молда болды.*

**МОЛДА-МОНТАН** зат. жағымсыз. *Молдасымақ, шала молдалар деген мағынада.*

**МОЛДАМСЫ=** ет. жағымсыз. *Молда болғансу.*

**МОЛДАС: молдас құру.** сөйл. ***Малдас құру.***

**МОЛДАСОҚЫН: молдасоқынып отырды.** *Малдас құрып отырды.*

**МОЛДА-СОЛДА** зат. жағымсыз. *Молда және сол молдасымақтар.*

**МОЛДАСЫ=** ет. *Молдасыну, молда болғансу.*

**МОЛДАСЫЗ** сын. *Молдасы жоқ, молданың қатысынсыз.*

**МОЛДАСЫМАҚ** зат. *Оншалық білімі жоқ, діни сауаты төмен молда, шала молда.*

**МОЛДАСЫН=** ет. *Өзін молда санау, молда етіп көрсету.*

**МОЛДАТ=** ет. жерг. *Мол ету, молынан қылу.*

**МОЛДАТОРҒАЙ** зат. зоол. *Сексеуіл арасында жорғалап жүріп тіршілік ететін сайрағыш сұр торғай.*

**МОЛДАУ** сын. **1.** *Молырақ, көптеу.* **2.** *Үлкенірек, кеңірек.*

**МОЛДАШЫЛ** сын. *Молдақұмар, молдаға сенгіш.*

**МОЛДАШЫЛЫҚ** зат. *Молдалық жасаушылық, молдалық кәсіп.*

**МОЛДЕКЕ** зат. **1.** *Молдаға қарата аталған ізет атауы.* **2.** экспр. *Молданың өзі деген мағынадағы мысқыл аралас атау.*

**МОЛДЫҚ** зат. **1.** *Көптік, мол болушылық.* **2.** *Байлық, берекелілік (зат).* **3.** *Жомарттық, кеңдік, мәрттік.*

**МОЛЕКУЛА** [лат. moles] зат. физ. *Заттың химиялық қасиеттері сақталатын ең кішкентай бөлшегі.*

**Молекула конфигурациясы.** хим. *Циклдік немесе хиральдық элементтің қос байланысқа орай алғандағы орын басушыларының кеңістіктік орналасуы.* **Молекулалардың көлемдік саны.** хим. *Молекула концентрациясы.* **Молекулалар концентрациясы.** хим. *Компоненттің молекулалар саны арқылы өрнектелген концентрация.*

**МОЛЕКУЛАЛЫ** сын. физ. *Молекуласы бар, молекуладан құралған.*

**МОЛЕКУЛААРАЛЫҚ: молекулааралық өзара әсер.** физ. *Электрлік қасиеті жағынан бейтарап молекулалар немесе атомдар арасындағы өзара әсер.*

**МОЛЕКУЛАЛЫҚ** сын. *Молекулаға қатысты, молекулаға тән.*

**Молекулалық биология.** биол. *Тіршіліктің молекула деңгейіндегі қасиетін зерттейтін ғылым саласы.* **Молекулалық генетика.** биол. *Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштің заңдылықтарын молекулалық деңгейде зерттейтін генетика ғылымының бір саласы.* **Молекулалық масса.** физ. *Салыстырмалы молекулалық масса, заттың бір молекуласының массасы.* **Молекулалық сорғы**. тех. *Вакуум сорғысының құрылым ішінде ауаны сиретуге арналған түрі.* **Молекулалық спектр.** физ. *Еркін немесе өзара әлсіз байланысқан молекулаларға тән жарықтың шығару, жұту және комбинациялық шашырау спектрлері.* **Молекулалық физика.** физ. *Физиканың әртүрлі агрегаттық күйдегі заттардың физикалық қасиеттерін олардың молекулалық құрылысы негізінде зерттейтін саласы.*

**МОЛЕКУЛАІШІНДІК: молекулаішіндік конденсация**. хим. *Бір молекула құрамындағы функционалдық топтар арасында әрекеттесетін химиялық реакция.* **Молекулаішіндік тотығу.** хим. *Сыртқы тотықтырғыштың әсерінсіз, молекула ішіндегі қайта топтасу барысында жүретін тотығу.*

**МОЛЕСКИН** [ағыл. moleskin] зат. *Мақтадан тоқылатын қалың кездеме.*

**МОЛЖАЛДА=** ет. сөйл. ***Болжалда.***

**МОЛЖАЛДЫ** сын. сөйл. ***Болжалды.***

**МОЛИБДАТТАР** зат. хим. *Молибден қышқылының тұздары.*

**МОЛИБДЕН** [лат. molybdaenum] зат. хим. *Күміс түсті, қатты, жылтыр металл.*

**Молибден кентастары.** хим. *Молибден құрамды табиғи минералдық түзілімдер.*

**МОЛИБДЕНИТ** [грек. molybdos] зат. хим. *Молибден алуда пайдаланатын қарасұр түсті минерал.*

**МОЛЛА** зат. сөйл. ***Молда.***

**МОЛЛАЛЫҚ** зат. сөйл. ***Молдалық.***

**МОЛЛАСЫМАҚ** зат. сөйл. ***Молдасымақ.***

**МОЛЛЮСКА** [лат. molluscus] зат. зоол. *Жұмсақ денелі омыртқасыз жәндік.*

**МОЛОТИЛКА** ор. зат. тех. *Астық бастыратын мәшине.*

**МОЛОТИЛО** ор. зат. тех. *Астық басқанда, баулаған егінді сабайтын таяқ.*

**МОЛОТИЛОШЫ** ор. зат. *Баулаған астықты молотиломен сабап бастырушы.*

**МОЛОХ** зат. діні. *Жоқтан өзгеге табынушылардан құрбандық шалуды, тасаттық жасауды керек ететін рақымсыз күштің символы.*

**МОЛТАҚ** сын. *Келте, қысқа, шолақ, молақ.*

**Молтақ құлақ.** *Ұштары доғаланып келген келте құлақ (ит туралы).*

**МОЛТАҚАН** зат. егіншар. *Бидайдың бір түрі.*

**МОЛТАҚТАУ** сын. *Қысқалау, шолақтау, келтелеу.*

**МОЛШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Байлық, дәулет.* **2.** *Қисапсыз молдық, әбден жеткілікті болушылық.*

**МОЛЫҒУ** *Молық етістігінің қимыл атауы.*

**МОЛЫҚ=** ет. **1.** *Мол болу, көбею, молаю.* **2.** *Баю, кенелу.* **3.** ауыс. *Көп нәрсеге жолығу, шомылу.* **4.** ауыс. *Жан-жақтан қаумалау, қаптау.* **5.** ауыс. мысқыл. *Бату, кенеттен тап болу, қарық болу.*

**МОЛЫҚТЫР=** ет. **1.** *Молайту, көбейттіру.* **2.** ауыс. *Байыту, жетілдіру.*

**МОЛЫҚТЫРУ** *Молықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**МОЛЫНАН** үст. *Көптеп, кеңінен.*

**Молынан пішкен.** *Кеңінен қамтыған, кең, мол.*

**МОЛЫРАҚ** сын. *Көбірек, молдау.*

**МОЛЬ** [лат. moles] зат. физ. *Заттың сандық мөлшерінің бірлігі, яғни физикалық жүйедегі құрылымы бірдей элементтердің мөлшерімен анықталатын шама.*

**МОЛЬБЕРТ** [нем. Molbrett] зат. **1.** *Үстіне кенеп немесе тақта қойып бекітілген, үш аяқты сурет салуға арналған құрал қойғышы.* **2.** *Сурет кенебін керген раманы қоятын орын.*

**МОЛЯРЛЫҚ** сын. физ. *Көп молекуладан тұратын денелерге қатысты.*

**Молярлық үлес концентрациясы**. хим. *Еріген зат мөлшерінің ерітіндідегі барлық заттардың мөлшерінің қосындысына қатынасы.*

**МОМ** [грек. momos] зат. діні. *Көне грек мифологиясындағы әзіл, мазақ құдайы.*

**МОМАҚАН** сын. экспр. жағымды. *Моп-момын, жұп-жуас. // Момақансып, жуасып.*

**Момақан мінез.** *Жуас, үндемейтін мінез сипаты.* **Момақан тікенкұрсақ.** зоол. *Дене тұрқы 10 см, Конгода таралған бітікжақтар отрядының бір өкілі, балық түрі.*

**МОМАҚАНДАУ** сын. *Момындау, жуастау.*

**МОМАҚАНДЫҚ** зат. *Момақан болушылық.*

**МОМАҚАНСУ** *Момақансы етістігінің қимыл атауы.*

**МОМАҚАНСЫ=** ет. *Момақан болғансу, жуас болып көріну. // Тыныш, тынық.*

**МОМАЯ** зат. *Байырғы дәрігерліктегі сынықтың, жараның дәрілері.*

**МОМИ** зат. **1.** *Балауыз, балауыз шам.* **2.** *Тау жыныстарындағы минералдардың тұнбасы.*

**МОММЕ** зат. *Жапонияда қолданатын 3,75 грамға тең салмақ өлшемі.*

**МОМПАСИ** зат. сөйл. *Мәнпаси.*

**МО-МО** од. *Жылқыны суатқа шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

**МОМЫН** сын. **1.** *Айтқанға көнетін, көнбіс, жуас.* **2.** *Қарапайым қара халық, еңбек адамы, ел.* **3.** *Ешкімге зияны жоқ, көзге түспеуге тырысатын.* **4.** діни. *Ислам дініне сенуші, мұсылман, діндар.* **5.** жағымсыз. *Ынжық, қорқақтау; біреудің айтқанымен ғана жүретін.* **6.** ауыс. *Адамдарға*

*қауіп төндірмейтін, залалсыз (аң).* **7.** ауыс. окказ. *Қоңыр, қоңырқай.*

**Момын адам**. *Есерлігі жоқ, ешкімге соқтықпайтын, салмақты, жуас кісі.* **Момын балықтар.** зоол. *Жыртқыш емес балықтар.* **Момынға тізесін батырды.** *Қарапайым шаруа адамына, зорлық көрсетті.* **Момын ел.** *Қарапайым қара халық, көнбіс жұрт.* **Момын мінез.** *Жуас, момақан.*

**МОМЫНАЙ** зат. зоол. жерг. *Тышқанның бір түрі.*

**МОМЫНДАУ** сын. *Момақандау, жуастау.*

**МОМЫНДЫҚ** зат. **1.** *Жуастық, көнбістік.* **2.** *Тартыншақтық, тұйықтық.* **3.** психол. *Жұрт арасына көзге түспейтін, өзінің менін білдіруге ұмтылмайтын, тұйық, сөзге сараң, жайбасар адам мінезінің сипаты; меланхолик.*

**МОМЫНСУ** *Момынсы етістігінің қимыл атауы.*

**МОМЫНСЫ=** ет. **1.** *Момын болғансу, жуас болғансу.* **2.** ауыс. *Саябырсу, тыншу.*

**МОМЫНСЫН=** ет. *Момын болғансу, жуасығансу.*

**МОМЫНСЫНУ** *Момынсын етістігінің қимыл атауы.*

**МОМЫНЫРАҚ** сын. *Момындау, жуасырақ, момақанырақ.*

**МОНАДА** [грек. monas] зат. **1.** физ. *Атомды бөлінбейтін бөлшек деп қарайтын теріс түсінік.* **2.** филос. *Болмыстың құрылымдық, субстанциондық бірлігін білдіретін философиялық термин.*

**МОНАРХ** [грек. monarhos] зат. саяси. *Монархия билеген елдің өкімет басында отырған жеке-дара билеушісі: патша, император, король және т.б.*

**МОНАРХИЗМ** зат. *Мемлекет билігінің бірден-бір формасы монархия деп танитын саяси бағыт.*

**МОНАРХИСТ** зат. *Монархизмді жақтаушы.*

**МОНАРХИСТІК** сын. *Монархизмге қатысты, монархизмге тән.*

**МОНАРХИЯ** [грек. monarchia] зат. саяси. *Мемлекет басқару ісі көпшілік халықтың қатынасуынсыз, мұрагерлік дәстүрімен жеке адамның дара әкімшілігіне негізделген мемлекеттік басқару түрпаты.*

**МОНАРХИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Монархияға қатысты, соған тән.*

**МОНАРХИЯШЫЛ** сын. саяси. *Монархияны жақтаушы, соның мүддесін көздеуші.*

**МОНАСТЫРЬ** [грек. monasterion] зат. діни. *Меншігінде шіркеу мұқтаждарына пайдаланылатын жер мен қаржысы бар тақуа, сопылардың діни орталығы.*

**МОНАСТЫРЬЛЫҚ** сын. діни. *Монастырьға қатысты, монахқа тән.*

**МОНАХ** [грек. monachos] зат. діни. *Шіркеу ережелерінің негізінде сопылық, тақуалық парыздарын айнытпай орындап жүрген діни қауымның мүшесі.*

**МОНАХТЫҚ** сын. *Монахқа қатысты, соған тән.*

**МОНАЦИТ** [нем. Monazit] зат. хим. *Негізі жерде сирек кездесетін элементтердің фосфаттары, құрамында Th, Y, Si, U, Ca қоспалары бар, фосфаттар класына жататын минерал.*

**МОНГОЛОЙД** зат. терм. *Моңғол типтес нәсіл.*

**МОНДАЛАҚ** зат. өс. *Дәмі тәтті дала өсімдігі, мондақ.*

**МОНДАЛИНА** зат. сөйл. ***Мандалина.***

**МОНДАНАҚ¹** зат. этн. *Жастардың дөңгелене отырып ортадағы адамды орамалмен соғып, кім екенін таптырып ойнайтын халық ойыны.*

**МОНДАНАҚ²** зат. өс. *Құмды жерлерде өсетін сәбіз тәрізді өсімдік.*

**МОНДАНАҚ³** зат. өс. ***Таусағыз.***

**МОНДАНАҚТАЙ** сын. экспр. *Әп-әдемі, сүп-сүйкімді.*

**МОНДИАЛИЗМ** [франц. monde] зат. филос. *Адамзат біртұтас және жақын болашақта да, идеалда да бірыңғай әлемдік үкіметпен басқарылуы тиіс деп, әлемге біртұтас деп қарайтын тұжырымды көзқарас.*

**МОНДИАЛИСТІК** сын. филос. *Мондиализм тән, мондиализмге қатысты.*

**МОНДЫБАЙ** сын. экспр. *Жуас, момын.*

**МОНДЫБАС** сын. қарап. *Қой аузынан шөп алмайтын, момын.*

**МОНДЫБАСТАУ** сын. *Момындау, жуастау.*

**МОНДЫПАЙ** сын. сөйл. ***Мондыбай.***

**МОНЕЛЬ** [ағыл. monel] зат. хим. *Никельге басқа элементтер қосылған қорытпа.*

**МОНЕЛЬ-МЕТАЛЛ** зат. хим. *Атмосфералық жемірілуге төзімді, химиялық өнеркәіпте, кеме жасауда қолданылатын құрамында 23–27% мыс, кейде 2-3% темір және 1-2% марганец болатын никель негізіндегі құйма.*

**МОНЕТА** [лат. moneta] зат. *Алтын, күміс, мыс және мыс қорытпалардан, қазіргі заманда мыс, никель, алюминий құймаларынан соғылған ақша белгісі.*

**МОНЕТАРИЗМ** [ағыл. monetary] зат. экон. *Макроэкономикалық талдау мен экономиканы реттеу ісі.*

**МОНЕТАРЛЫҚ: монетарлық саясат.** экон. *Үкіметтің құнсыздануға және оның шектен шыққан нысаны тоқырау көрінісіне қарсы күресуге бағытталған, монетаризм туралы ілімге сүйенетін экономикалық саясаты.*

**МОНИЕЗИОЗ** зат. вет. *Күйіс қайыратын малдың ішкі органын зақымдайтын жұқпалы құрт ауруы.*

**МОНИЗМ** [грек. monos] зат. филос. *Табиғат пен қоғамдық құбылыстарды бір негіз тұрғысынан түсіндіретін философиялық ілім.*

**МОНИСТ** зат. филос. *Монизмді жақтаушы, монизмді ұстаушы.*

**МОНИСТІК** сын. *Монизмге қатысты, монизмге тән.*

**МОНИТОР¹** [ағыл. monitor] зат. әск. *Теңіз жағалаулары мен өзен бойларында соғыс операциясын жүргізетін ірі соғыс кемесі.*

**МОНИТОР²** [ағыл. monitor] зат. инф. **1.** *Есеп шығару процесі кезінде құрылғылар мен бағдарламалардың әрекеттестігін жасақтайтын жүйелік басқару бағдарламасы.* **2.** *Бейнелерді экранға шығаруды жасақтайтын аспаптан (мысалы, электрондық сәулелік түтіктен) және ішкі схемалардан тұратын құрылғы.*

**МОНИТОРИНГ** [лат. monitoring] зат. экон. *Қоғамда немесе оның қайсыбір тобында болып жатқан өзгерісті жүйелі түрде өлшеу жүйесі.*

**МОНО...** [грек. monos] *Күрделі сөздердің біртұтас, бір, жалғыз деген мағына үстейтін құрамды бөлігі.*

**МОНОАМИНҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Құрамында бір аминтобы болатын аминқышқылдары.*

**МОНОБЛЕПСИЯ** [грек. monos – бір, blis – өткір] зат. мед. *Адам бір көзімен ғана қарағанда жақсырақ көретін көру қабілеті.*

**МОНОВАКЦИНА** [грек. monos – жалғыз, лат. vaccinus – қандас] зат. мед. *Жұқпалы ауру қоздырушының белгілі бір антигенінен дайындалған, егу үшін пайдаланылатын препарат.*

**МОНОГАМДЫ** сын. терм. *Бір некелі, дара некелі.*

**МОНОГАМИЯ** [грек. monos – жалғыз, gamos – неке] зат. терм. **1.** *Дара некелілік, бір некелілік.* **2.** биол. *Моногамды жануарлар арасында кездесетін жыныстық қатынастың түрі.*

**МОНОГАМИЯЛЫҚ** сын. *Моногамияға негізделген, моногамды.*

**МОНОГЕНЕТИКАЛЫҚ** [лат. monogenea]**: моногенетикалық сорғыштар.** биол. *Паразит жалпақ құрттардың бір класы.*

**МОНОГИБРИД** [грек. monos – жалғыз, лат. hibrida – тұқым қуалаған] зат. биол. *Бірінші будандық ұрпақтардың біркелкілігі.*

**МОНОГИБРИДТІК** сын. биол. *Моногибридке негізделген, соған тән.*

**МОНОГИДРАТ** зат. хим. **1.** *Негізгі заттардың бір молекуласына судың бір молекуласы келетін кристалгидрат.* **2.** *Негізгі зат мөлшері 93,3% болатын күкірт қышқылының судағы ерітіндісі.*

**МОНОГРАММА** [лат. monogramma] зат. лингв. *Бірнеше әріпті жөргемдете жалғастырып біріктіріп жазу.*

**МОНОГРАФИЯ** [грек. monos – біртұтас, grapho – жазу] зат. ғыл. *Белгілі бір тақырып, жеке мәселе бойынша жасалған зерттеу нәтижесі жазылған ғылыми кітап, еңбек.*

**МОНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. **1.** *Монографияға байланысты, соған тән.* **2.** *Монография боларлық, соған жарарлық.*

**МОНОДРАМА** [грек. monos – бір, жалғыз, грек. drama – іс-әрекет, қимыл] зат. *Бір актер орындайтын біртұтас драмалық шығарма.*

**МОНОЗАЛАР** зат. хим. *Моносахаридтер, құрамы жағынан қанттың ең қарапайым түрі.*

**МОНОКАЛИЙФОСФАТ** *Минералды тыңайтқыштар құрауышы ретінде, тамақ өнеркәсібінде қолданылатын калийдің дигидроортофосфаты, ортофосфор қышқылының калий тұзы.*

**МОНОКАРПТЫ** [грек. monos – бір, жалғыз, karpos – ұрық]: **монокарпты өсімдік.** бот. *Вегетативтік органдары көптеген жылдар өсетін және сол жылдардың ішінде бір-ақ рет тұқым беріп, құрап қалатын өсімдік.*

**МОНОКЛИН** зат. геол. *Өзін құрайтын таужыныс қабаттарының жаппай бір бағытта еңістенуімен сипатталатын құрылым.*

**МОНОКЛИНАЛЬ** [грек. monos – бір, жалғыз, klyno – еңкейемін] зат. геол. *Тау жыныстары қабаттарының бір бағытта және бір бұрыш жасап еңіс жатқан құрылымы.*

**МОНОКЛЬ** [грек. monos – жалғыз, лат. oculus – көз] зат. *Көзілдіріктің орнына қолданатын дөңгелек шыны, әйнек.*

**МОНОКРИСТАЛЛ** [грек. monos – бір, жалғыз, krystallos – дене] зат. *Кристалдық торы үзілімсіз, құрылымдық өзгерістерге ұшырамаған дербес кристалл.*

**МОНОКУЛЯР** зат. *Алыстағыны көрсететін оптикалық аппарат.*

**МОНОКУЛЯРЛЫҚ: монокулярлық көру.** *Бір көзбен көру арқылы қашықтықтағы объектіні дұрыс анықтай алу.*

**МОНОЛИТ** [грек. monolithos, monos – жалғыз, lithos – тас] зат. *Бір затпен бірігіп кеткен тұтас тас кесегі және содан қашалып жасалған нәрсе.*

**МОНОЛИТТІК** сын. **1.** *Монолитке қатысты, соған тән.* **2.** *Біртұтас, біріккен.*

**МОНОЛОГ** [грек. monologos, monos – жалғыз, logos – сөз] зат. **1.** әдеб. *Әдеби шығармадағы кейіпкердің жеке сөзі.* **2.** театр. *Драматургиялық шығармадағы кейіпкердің өзімен-өзі сырласа айтқан сөзі, ой желісі.*

**МОНОЛОГТЫҚ** сын. *Монологқа қатысты, соған тән.*

**МОНОМАН** зат. психол. *Мономанияға ұрынған, соған шалдыққан адам.*

**МОНОМАНИЯ** зат. псих. *Бір идеяның соңына түсіп, ауып кетуі, психикалық бұзылу.*

**МОНОМЕР** [грек. monos – бір, meros – бөлшек] зат. физ. *Молекулалары бір-бірімен немесе басқа қосылыстардың молекулаларымен полимер түзетін төменгі молекулалық қосылыстар.*

**МОНОМЕТАЛДЫҚ** сын. экон. *Монометаллизмге қатысты.*

**МОНОМЕТАЛЛИЗМ** зат. экон. *Құн өлшеуі етіп белгілі бір металды (негізінен алтынды я күмісті) алған ақша бірлігі.*

**МОНОМИНЕРАЛДЫ: мономинералды жыныстар.** геол. *Бір ғана минералдан түзілген тау жыныстары (мәрмәр, кварцит, ізбестас).*

**МОНОМИЦИН** зат. мед. *Аминогликозидтер тобына жататын антибиотик.*

**МОНОПЛАН** [франц. monoplan, грек. monos – бір, жалғыз, planum – қалықтау] зат. тех. *Фюзелождың екі жағына орнатылған бір қанатты ұшақ.*

**МОНОПОДИЯЛЫҚ: моноподиялық бұтақтану.** бот. *Негізгі сабақ өзінің өсуін тоқтатпастан бүйірінен қосымша сабақтар шығаратын өсімдік денесінің тармақтану түрі.*

**МОНОПОЛИЗАЦИЯ** [нем. Monopolisation] зат. *Монополияланған мемлекеттің қоғамдық істе маңызы бар іс-әрекетке үстемдік етуі.*

**МОНОПОЛИЗАЦИЯЛА=** ет. *Монополизацияға бағындыру, соған сәйкестендіру.*

**МОНОПОЛИЗАЦИЯЛАУ** *Монополизацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МОНОПОЛИЗМ** зат. экон. *Кәсіпкердің өзінің жеке мүддесін ғана күйттеп, бәсекелесінің меншікті мүддесін елемеу тұрғысынан болатын экономикалық қатынас.*

**МОНОПОЛИСТ** зат. *Белгілі бір затқа, не затты өндіруге немесе сатып алуға, белгілі бір тауарлармен сауда жасауға айрықша құқығы бар тұлға, тұлғалар тобы не мемлекет.*

**МОНОПОЛИСТІК** сын. *Монополияға қатысты, сонымен байланысты.*

**Монополистік бәсеке.** экон. *Әрқайсысы маркетингінің әртүрлі құрылымын ұсынатын бірнеше фирма болғанда туатын бәсеке.* **Монополистік капитализм.** саяси. *Сауда жасауға, бір нәрсені өндіруге айрықша құқық алған капиталистердің еркін бәсекені ығыстыруымен сипатталатын капитализмнің ең жоғары сатысы.* **Монополистік іс-әрекет.** *Кәсіпорындардың рынокта бәсекені шектеуге немесе жоюға және соның арқасында монополиялық жоғары пайда алуға бағытталған іс-әрекет.*

**МОНОПОЛИЯ** [грек. monos – жалғыз, poleo–сату] зат. экон. **1.** *Бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының, мемлекеттің белгілі бір затқа (мыс., жерге), белгілі бір тауарлармен сауда жасауға айрықша құқығы.* **2.** *Салалық, ұлттық немесе әлемдік нарықта басым, үстем жағдайға ие кәсіпорын немесе кәсіпорындар тобы.*

**Монополияға қарсы заңнама.** экон. *Нарықтық экономиканы басшылыққа алатын кәсіпкерлердің қызметтің түрлі салаларындағы бәсекелестігін қолдайтын, монополизмге және арамзалық бәсекеге қарсы бағытталған құқықтық актілер кешені.* **Монополияға қарсы комитет.** экон. *Тауар рыноктары мен бәсекені дамыту, монополистік қызметті шектеу және арамзалық бәсекені тыю жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуші орган.*

**МОНОПОЛИЯЛАНДЫР=** ет. экон. *Тұлғаның не тұлғалар тобының, мемлекеттің белгілі бір материалды нысанға, белгілі бір тауарлармен сауда жасауға айрықша құқыққа иелендірілуі.*

**МОНОПОЛИЯЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Монополияға айналдыру.*

**МОНОПОЛИЯЛАНДЫРУ** *Монополияландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МОНОПОЛИЯЛЫ** сын. *Монополистік әрекеті бар.*

**МОНОПОЛИЯЛАУ** зат. экон. *Монополияға айналдыру.*

**МОНОПОЛИЯЛЫҚ** сын. *Монополияға тән, соған қатысты.*

**Монополиялық баға.** экон. *Монополист сатылған немесе өзі сатып алатын тауарға белгілі бір дәрежеде оны өндіруге жұмсалған шығынға қарамастан белгілейтін рыноктық бағаның ерекше түрі.* **Монополиялық пайда.** экон. *Рынок пен өндірісте монополиялық бақылау жолымен алынатын жоғары пайда; монополистік бірлестіктердің орташа пайдадан асып түсетін пайдасы.* **Монополиялық рента.** экон. *Тауар ерекше қолайлы (бірегей) жағдайда өндірілген кезде осы тауардың бағасын оның құнынан арттыру жолымен алынған қосымша табыс түрінде көрініс табатын Жер рентасы нысандарының бірі.*

**МОНОПОЛИЯСЫЗДАНДЫРУ** зат. экон. *Экономикалық саясат пен заңнама шеңберіндегі бәсекені дамытуға және монополиялардың қызметін шектеуге бағытталған шаралар кешені.*

**Монополиясыздандыру саясаты.** экон. *Ірі коммерциялық ұйымдардың бәсекені шектейтін қосылуларына және қосып алуларына заңды құралдармен жол бермеу, баға туралы сөз байласуларға т.б. тыйым салу.*

**МОНОПСОНИЯ** [грек. monos – жалғыз, opsonla – сатып аламын] зат. экон. *Белгілі бір игілікті (тауарды) не көрсетілетін қызметті бірден-бір ықтимал сатып алушы болып табылатын фирма (кәсіпорын, ұйым, т.б.), осы игілікке деген сұранысты толық бақылауында ұстайтын нарықтық құрылым түрпаты.*

**МОНОРЕЛЬС** [грек. monos – бір, ағыл. reils – рельс] зат. тех. *Бір рельсті аспалы жол, көліктік құрылыстың бір түрі.*

**МОНОРЕЛЬСТІ** сын. *Бір рельсті, бір рельстен тұратын.*

**МОНОРИМ** [франц. monorime] зат. әдеб. *Бір ұқсастыққа құрылған өлең шумағы.*

**МОНОСАХАРИД** зат. биол. *Жасуша шырышында үнемі болатын қарапайым қанттың бір түрі.*

**МОНОСЕМИЯ** [грек. monos – бір, sema – белгі] зат. лингв. *Сөздің жалғыз мағынасы болуы.*

**МОНОСИЛЛАБИЗМ** [грек. monos – бір, syllabe – буын] зат. линв. *Қайсыбір тілге тән жалаң буындылықты танытатын ерекшелік.*

**МОНОСКОП** зат. *Теледидардан бір ғана қозғалмайтын бейнені беруге арналған электрондық-сәулелік құрал.*

**МОНОТЕИЗМ** [грек. monos – бір, жалғыз, theos – құдай] зат. теол. *Жалпыға бірдей бір ғана Құдайдың барлығын мойындау, бір Құдайға сенушілік.*

**МОНОТЕИСТ** зат. *Монотеизмді жақтап, соны ұстанушылық.*

**МОНОТЕИСТІК** сын. теол. *Монотеизмге тән, соған қатысты.*

**МОНОТИП** [грек. monos – бір, typos – таңба, із] зат. полигр. *Әр әріпті жеке теретін мәшиненің бір түрі.*

**МОНОТИПИСТ** зат. *Монотиппен әріп теруші.*

**МОНТМОРИЛЛОНИТ** зат. геол. *Сумен араласып орнықты тұнба және тұтқыр қамыр тәрізді қойыртпақ түзетін сазды минерал, қатпарлы сулы алюмосиликат.*

**МОРУЛА** зат. *Көпжасушалы жануарлар ұрығының даму сатысы.*

**МОНОТОНИЯ** [грек. monos – бір, tonos – бәсеңсу] зат. психол. *Үйреншікті, бір қалыпты әрекеттің кісіні қажыта бастауын білдіретін құбылыс.*

**МОНОҰЛТТЫҚ** сын. саяси. *Құрамы бір ұлттан тұратын, бір ұлттың мүддесіне негізделген.*

**МОНОФАГ** [грек. monos – жалғыз, phagos – жегіш] зат. зоол. *Белгілі бір азықпен ғана қоректенетін, талғампаз құстар.*

**МОНОФАГИЯ** зат. *Ағзалардың бір түрлі азықпен ғана қоректену құбылысы.*

**МОНОФИЛИЯ** [грек. monos – жалғыз, philia – достық, махаббат] зат. зоол. *Жанды заттардың шығу тегінің бірлігі туралы түсінік.*

**МОНОФТОНГ** [грек. monos – бір, phtongs – дауыс] зат. лингв. *Екі элементке ажыратылмайтын, жалаң дауысты дыбыс.*

**МОНОХРОМАТ:** [грек. monos – жалғыз, chroma – түс] **монохромат жарық.** физ. *Бір жиіліктегі жарық тербелістері.*

**Монохромат сәуле.** физ. *Белгілі бір және тұрақты жиіліктегі электромагниттік сәуле.*

**МОНОХРОМАТИКАЛЫ** сын. ***Монохроматты.***

**МОНОХРОМАТТЫ** сын. *Араластырмаған, біркелкі бояулы (түс).*

**Монохроматты сәуле шығару.** физ. *Белгілі бір жиілігі бар электрмагниттік сәуле шығару.*

**МОНОЦЕНТРИЗМ** [грек. monos – біреу, лат. centrum – топтасу, орталық] зат. фило с. *Бір негізден тарауды білдіретін термин.*

**МОНОЦИКЛ** зат. *Циркте пайдаланатын бір аяқты велосипед.*

**МОНОЦИТ** зат. биол. [грек. monocytus, monos – бір, kytos – жасуша] *Қандағы түйіршіксіз лейкоциттің бір түрі.*

**МОНОЭДР** [грек, monos – бір, hedra – жақ] зат. *Бір жақтан тұратын қарапайым пішін.*

**МОНПАР** зат. тамақ. ***Манпар*** *(майдалап туралған етті қуырып, оған қиықшалап кесілген қамыр, картоп, пияз араластырып пісірген тағам).*

**МОНСТР** [франц. monstre] зат. *Өзінің құрылым-құрылысымен, ешкімге ұқсамайтын қасиетімен, ерекше қылығымен жұртты таңғалдырып, шошындыратын адам.*

**МОНТАЖ** [франц. montage] зат. **1.** тех. *Мәшиненің, құрылыстық және т. б. жеке тетіктерін құрастырып, бөлшектерден бүтін бір нәрсе жасау жұмысы.* **2.** өнер. *Белгіленген тақырып не идеяға сәйкес әртүрлі нәрселері, қойылымдарды ұйымдастыру, біртұтас нәрсеге айналдыру жұмысы.* **3.** *Осы ұйымдастырулар мен құрастырулардың нәтижесі.*

**МОНТАЖДА=** ет. *Монтаж жасау, монтаж жүргізу.*

**МОНТАЖДАЛ=** ет. *Монтаж жасалыну, монтаж жүргізілу.*

**МОНТАЖДАЛУ** *Монтаждал етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЖДАС=** ет. *Монтаж жасасу, монтаж жүргізісу.*

**МОНТАЖДАСУ** *Монтаждас етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЖДАТ=** ет. *Монтаж жасату, монтаж жүргіздіру.*

**МОНТАЖДАТУ=** ет. *Монтаж жасату, монтаж жүгіздіру.*

**МОНТАЖДАУ** *Монтажда етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЖДАУШЫ** зат. сөйл. *Монтажшы.*

**МОНТАЖДЫҚ** сын. *Монтажға қатысты, байланысты.*

**МОНТАЖИСТ** зат. *Кинофильм кадрларын құрастырып орнықтырушы, монтаждап құрастырушы.*

**МОНТАЖШЫ** зат. *Монтаж жасаушы, монтаждаушы адам, маман.*

**МОНТАЖШЫЛЫҚ** сын. *Монтажға қатысты, байланысты.*

**МОНТАЙ=** ет. экспр. жағымды. *Момын болу, момақан болу.*

**МОНТАЙТ=** ет. экспр. жағымды. *Момындандыру, момақандандыру.*

**МОНТАЙТУ** *Монтайт етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЙЫМСУ** *Монтайымсы етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЙЫМСЫ=** ет. *Момақан болғансу.*

**МОНТАЛЫЛЫҚ** зат. *Момақандық, момындық.*

**МОНТАН** зат. жерг. *Қарақұрттың уын оқып қайтаратын адам.*

**МОНТАНАҚТАЙ** сын. экспр. жағымды. *Жып-жинақы, мұнтаздай.*

**МОНТАНДАЙ** сын. экспр. жағымды. *Жуас көрінген, момақансыған.*

**МОНТАНДЫҚ** зат. сөйл. *Момындық, момақандық.*

**МОНТАНСУ** *Монтансы етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАНСЫ=** ет. *Білмегенсу, сезбегенсу, момақансу.*

**МОНТАНСЫН=** ет. *Жуас болып көрінгенсу.*

**МОНТАНСЫНУ** *Монтансын етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАНШЫ** зат. *Жетектеп алып жүргізуші, жетектеуші.*

**МОНТАНЫ**[1] зат. өс. *Тауда өсетін, күрделігүлділер тұқымдастарына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МОНТАНЫ**[2] сын. **1.** экспр. жағымды. *Жүзі тымпиған, мөп-момақан.* **2.** жағымсыз. *Сырт қарағанда жуас, момын болып көрінетін, іштей адалдығынан арамдығы басым; қу, зымиян.*

**МОНТАНЫЛЫҚ** зат. экспр. жағымсыз. *Монтаны болғандық.*

**МОНТАНЫС=** ет. *Момақан болған кейіп таныту.*

**МОНТАНЫСУ** *Монтаныс етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАҢ** елік. *Моп-момақан жуас адамның томпиып қозғалғандағы қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**Монтаң қақты.** *Алдына түсіп алып, бүлкілдеп жүріп отырды, лепіл қақты, құрдай жорғалады.*

**МОНТАҢДА=** ет. экспр. **1.** *Монтаң қағып бүлкілдеп жүріп отыру.* **2.** ауыс. *Майманьдау, жалбаңдау.*

**МОНТАҢДАТ=** ет. *Монтаң қақтыру, бүлкілдетіп жүргізу.*

**МОНТАҢДАТУ** *Монтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАҢДАУ** *Монтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТАЮ** *Монтай етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТЕР** [франц. monteur] зат. тех. *Мәшинелердің бөлшектерін жинап, жөндеп, монтаж жасаушы адам.*

**МОНТЕРЛІК** сын. *Монтерге байланысты, қатысты.*

**МОНТИ=** ет. экспр. жағымды. *Сүп-сүйкімді, момақан болу, томпаю.*

**МОНТИЫС=** ет. *Сүп-сүйкімді момақан болысу, томпайысу.*

**МОНТИЫСУ** *Монтиыс етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТИЮ** *Монти етістігінің қимыл атауы.*

**МОНТЫҚ: монтық қара.** *Ал қара.*

**МОНУМЕНТ** [лат. monumentum] зат. кіт. *Елеулі уақиғаны, ірі тұлғаларды есте қалдыруға арнап салынған ескерткіш, құрылыс.*

**МОНУМЕНТАЛДЫ** [лат. monumentalis] сын. кіт. *Кеңінен ойланып пішілген, ірі, кесек, монументті.*

**МОНУМЕНТАЛДЫҚ** сын. кіт. *Есте қаларлық, асқақты, асқаралы, монументтік.*

**МОНУМЕНТАЛИСТ** зат. кіт. *Монументалшы.*

**МОНУМЕНТАЛШЫ** зат. кіт. *Монумент құрастырушы, скульптор.*

**МОНУМЕНТТІ** сын. *Монумент боларлық, ірі, кесек.*

**Монументті өнер.** сәулет. *Пластикалық өнердің шығармаларын нақты архитектуралық орта үшін кеңістік-идеялық жағынан толықтыру мақсатымен жасалатын түрі.*

**МОНУМЕНТТІК** сын. *Монументке қатысты, монументке тән.*

**МОНЦИОНИТ** зат. геол. *Мөлшерлері шамалас плагиоклаздан (лабрадордан), калишпаттан (көбінесе ортаклаздан) және фемалық минералдан тұратын орта-ірі түйірлі интрузиялық таужыныс.*

**МОНЦОНИТ** зат. геол. *Тереңде қалыптасқан ашық кристалды, сұр түсті, магмалық тау жынысы.*

**МОНША** зат. *Буға шабынып, жуынып-шайынуға арнап салынған үй.*

**Моншаға түсті.** *Моншаға кіріп буға отырып, жуынып-шайынды.* **Монша жақты.** *Жуыну үшін монша қыздырды.*

**МОНШАДАЙ** сын. *Монша секілді ыстық.*

**МОНШАҚ**[1] зат. **1.** *Жіпке тізіп, әсемдік үшін мойынға салып жүретін түрлі-түсті уақ асыл тастан немесе сутастан жасалған әшекей.* **2.** ауыс. поэт. *Көз жасы.* **3.** ауыс. поэт. *Әдемі, мөлдіреген ұсақ, дөңгелек нәрсенің сипаты.*

**Моншақ тамды [төгілді].** поэт. *Көз жасы ақты, үнсіз жылады.* **Моншақ төкті.** *Асыл тастарды тізіп тікті.*

**МОНШАҚ**[2] зат. өс. сөйл. *Улы немесе ащы шөптердің бірі.*

**МОНШАҚ-МОНШАҚ** зат. бейн. *Мөлт-мөлт етіп төгілген зат, тамшы.*

**МОНШАҚСЫЗ** сын. *Моншағы жоқ, моншақ тақпаған.*

**МОНШАҚТА**[1]**=** ет. бейн. **1.** *Көзінен моншақ тәрізденіп жас ағу, жас тамшылау.* **2.** *Тер тамшылау.*

**Моншақтап жас келді.** бейн. *Жылады, үнсіз жылады.* **Моншақтап терледі [тер тамды, тер моншақтады, тер жауды].** *Қара суға түскендей ағып терледі, тер одан да, бұдан да кетті.*

**МОНШАҚТА**[2]**=** ет. *Моншақ тағу, моншақпен безендіру.*

**МОНШАҚТАЙ** сын. экспр. **1.** *Әдемі, сүйкімді, кішкентай тамшы.* **2.** *Доп-домалақ, сүйкімді, қарақаттай (көз).*

**МОНШАҚТАЛ**[1]**=** ет. *Моншақ тағылу, моншақпен безендірілу.*

**МОНШАҚТАЛ**[2]**=** ет. *Моншақ тәрізденіп тамшылауы, ағуы.*

**МОНШАҚТАЛУ**[1] *Моншақтал*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**МОНШАҚТАЛУ**[2] *Моншақтал*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**МОНШАҚТАН=** ет. экспр. *Шып-шып етіп төгілу, тамшылау.*

**МОНШАҚТАТ=** ет. **1.** *Тер тамшылату.* **2.** *Көз жасын ағыздыру.*

**МОНШАҚТАТУ** *Моншақтат етістігінің қимыл атауы.*

**МОНШАҚТАУ** *Моншақта етістігінің қимыл атауы.*

**МОНШАҚТЫ** сын. *Моншағы бар, моншақ таққан.*

**МОНШАҚША** үст. *Моншақ сияқтанып, моншаққа ұқсап.*

**МОНШАСЫЗ** сын. *Моншасы жоқ.*

**МОНШАШЫ** зат. *Моншаны қыздырып дайындаушы, монша жағушы.*

**МОҢҒОЛ** зат. этн. *Моңғолия жерін мекендейтін алтай тіл шоғырының моңғол тілінде сөйлейтін (Моңғолиядағы халха, ойраттар мен қытайдағы баоань, дунсян, даур, барга, монгор, моңғолдар мен Ауғанстандағы моңғолдар, Ресейдегі буряттар мен қалмақтар) халықтар тобының жалпы атауы.*

**Моңғол тілі.** *Моңғол ұлтының ана тілі.* **Моңғол нәсілі.** геогр. *Терісі сарғыш, шашы тік, қайратты, денесінің түгі аз, мезогнатизмді, бет сүйегі өте шығыңқы, таңқы мұрын, еріндері біршама қалың, эпиантусты – қиық көзді, қалың қабақты болып келетін адамдар тобы.* **Моңғол түйесі.** түйешар. *Қосөркешті түйенің онша ірі емес тұқымы.*

**МОҢҒОЛДЫҚ** зат. *Моңғолияны мекендеуші, моңғолға тән.*

**МОҢҒОЛДАЙ** сын. *Моңғол сияқты, моңғол тәрізді.*

**МОҢҒОЛТАНУ** зат. ғыл. *Тарих ғылымының моңғол халықтарына байланысты мәселелерді зерттейтін саласы.*

**МОҢҒОЛША** үст. *Моңғолға ұқсап, моңғол сияқты. // Моңғол тілінде.*

**МОПЕД** зат. тех. *Моторлы велосипед.*

**МОПЕДСІЗ** сын. *Мопеді жоқ.*

**МОП-МОМАҚАН** сын. *Өте момын, жұпжуас.*

**МОП-МОМЫН** сын. *Өте момын, тым жуас.*

**МОП-МОНТАҚТАЙ** сын. сөйл. *Мұнтаздай.*

**МОП-МОНТАНЫ** сын. экспр. *Асқан, момақан.*

**МОПС** зат. зоол. *Қысқа жүнді, үлкен домалақ басты, үйде ұстайтын иттің бір тұқымы.*

**МОР** зат. **1.** *Қойдың қиын тұтатып, үстіне дымқыл көң, қи үйіп, бықсытып жаққан оты бар, қазылған шұңқыр жер.* **2.** *Мордан пайда болған ыс, түтін.* **3.** қолөнер. *Қисық я қатты ағашты ию, түзету үшін жаққан ыстық қозы, қоламта.*

**Мор салды.** а) аңш. *Аңды інінен шығарып алу үшін, інінің аузына түтін салып, ішін*

*толтырғанша қоздатты.* ә) қ о л ө н е р. *Қисық, не қатты ағашты ию үшін ыстық қозыға салды.*

**МОРАЛИТЕ** [франц. morolite] з а т. ә д е б. *Драматургиядағы жанр, ғибратты аллегориялық драма.*

**МОРАЛЬ** [лат. moralis] з а т. ***Ахлақ*** *(адамдардың бір-біріне, қоғамға деген қатынасын реттейтін тәртіптердің, принциптердің, ережелердің жиынтығы, қоғамдық сана).*

**Мораль оқыды.** ж а қ т ы р м а у. *Тәртіпті бол, саналы бол деген тұрғыда ақыл айтты.*

**МОРАЛЬДЫҚ** с ы н. *Ахлаққа қатысты, байланысты.*

**Моральдық зиян.** з а ң. ***Ахлақтық зиян*** *(азаматтық құқықта жеке және заңды тұлғалардың өзіндік беймүліктік игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылу, соның ішінде жәбірленушіге қарсы жасалған құқық бұзушылықтың салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы).* **Моральдық кодекс.** *Адамгершілік, ар-ұят қағидалары.* **Моральдық құқық.** з а ң. *Әр адамның қоғамдық қатынастардағы кездесетін келеңсіз жағдайларға қарсы тұра білу, өзінің заңды талаптарын қадағалай білу құқығы.* **Моральдық нигилизм.** <лат. moralis – адамгершілік, nihil – ештеңе> ф и л о с. *Адам өмірінің мағыналығын, барша қабылдаған адамгершілік және мәдени құндылықтардың маңыздылығын жоққа шығаруға саятын дүниетанымдық ұстаным.* **Моральдық норма.** *Бір әрекеттің орындалып, екіншісінің шектелуін талап ететін идея.* **Моральдық саяси бірлік.** *Ахлақ пен саясатқа қатысты бірлік.* **Моральдық тәрбие.** *Адамгершілік сана, сезім, мінез-құлықтарды қалыптастыратын тәрбие.*

**МОРАЛЬШЫ** з а т. *Басқаға ақыл айтқыш, үлгі-өнеге беруге құмар адам, моралист.*

**МОРАН** з а т. ж е р г. *Қатты желде теңіз суының ығысып тасуы.*

**МОРАТОРИЙ** [лат. moratorium] з а т. қ а р ж ы. *Қарызгердің борышқорлық міндеттемені төлеуге дәрменсіздігі туралы ресми мәлімдемесі.*

**Мораторий жариялау.** қ а р ж ы. *Қарызды өтеу мүмкіншілігі жоқтығын мәлімдеу.*

**МОРГ** [франц. morgue] з а т. ***Мәйітхана*** *(өлген адамдардың денесін уақытша сақтап қоятын үй).*

**МОРДА** з а т. ж е р г. *Қамыстан, талдан тоқылған, балық аулайтын құрал.*

**МОРДВА** з а т. *Мордва Республикасының жергілікті халқы және сол халықтың өкілі.*

**МОРЕНА** [франц. moraine] з а т. г е о л. **1.** *Мұздың қозғалысынан пайда болған таужынысы сынықтарының үйіндісі.* **2.** *Мұздықтармен бірге көшетін немесе белгілі бір орынға жиналып, одан ары көшпейтін кесек тау жыныстары.*

**МОРЕНАЛЫҚ** с ы н. *Моренаға тән, моренаға қатыты.*

**Мореналық жер бедері.** г е о л. *Мұздықтар әсерінен пайда болған аккумуляттық жер бедері.* **Мореналық көл.** а) *Құрлық мұздығының қалдығы немесе мұздық шөгінділерінің түптік мореналардың ортасындағы ойыстарда орналасқан көл.* ә) *Кейін шегінген мұздықтың аңғарда қалдырған мореналық үйінді жалының сырт жағында қалыптасқан көл.* **Мореналық қырқа.** г е о г р. *Морена тізбегі, мұздықтардан қалған таужыныстардың үгінді шөгінділерінің жал пішінді қатарларының жиынтығы.*

**МОРЖ** [лат. odobaenus rosmarus] з а т. з о о л. *Солтүстіктегі теңіздерде өмір сүретін, азу тістері ұзын, мұртты, сүтқоректі ірі хайуан.*

**МОРЖА** з а т. с ө й л. ***Мұржа.***

**МОРЖАЛЫ** ж е р г. с ы н. *Моржасы, шынысы бар.*

**МОРЗЕ** з а т. *1837 жылы физик Морзе ойлап шығарған телеграфтың аппарат және соған қажетті тире мен нүктеден тұратын шартты белгілер жүйесі.*

**Морзе әліппесі.** т е х. *Физик Морзе ойлап тапқан әріптер мен сандардың орнына нүктелер мен сызықшалар түрлі тәсілдер бойынша қолданылатын телеграфтық код.*

**МОРЗИСТ** з а т. *Морзе жүйелі аппаратта істейтін телеграфист.*

**МОРИЛКА** з а т. *Бояр алдында ағашқа сіңдірілетін зәрлі ақ сұйық зат.*

**МОРИОН** з а т. м и н. *Қара немесе қою-қоңыр түсті кварц кристалы, минерал.*

**МОРЛА=** е т. **1.** *Қисық, қатты ағашты т.б. ию, жұмсартып иілгіш жасау үшін морға салып қыздыру.* **2.** *Шағатын жәндікті жуытпау үшін түтін салу.*

**МОРЛАН=** е т. *Морға салыну.*

**МОРЛАНУ** *Морлан етістігінің қимыл атауы.*

**МОРЛАУ** *Морла етістігінің қимыл атауы.*

**МОРМОН** з а т. д і н и. *Христиан діні мен көпқұдайлықтың араласуынан қалыптасқан діни ілімді ұстанушы, сондай діни сектаның мүшесі.*

**МОРОЗИЛКА** ор. з а т. с ө й л. ***Тоңазытқыш.***

**МОРОШАҚ** з а т. ж е р г. *Жерошақ, қазандық.*

**МОРС** ор. з а т. т а м а қ. *Аздаған қанты бар су қосылып мұздатылған жеміс немесе жидек шырынынан жасалатын сусын.*

**МОРТ** с ы н. **1.** *Бірден шорт үзілетін, күрт сынатын.* **2.** а у ы с. *Күрт кететін, томырық.*

**Морт кетсін.** *Өлім келсін, жер қапсын, жастай өлсін.* **Морт кетті [сынды].** а) *Қатты ашуланды, ыза болды.* ә) *Аяқасты дүрсе қоя берді, шартта-шұрт ашуланды, едірейіп шыға келді.* **Морт [шарт] сынды.** *Ашу қысты, кенеттен ашуланды.* **Морт үзілді.** *Шатыр етті; бірден сынды.*

**МОРТИРА** [лат. mortarium] з а т. ә с к. *Ұңғысының ұзындығы 16 калибрден аспайтын артиллериялық снарядтардан төбеден атыс жүргізуге арналған артиллериялық зеңбірек.*

**МОРТ-МОРТ** с ы н. *Бірінен соң бірі морт үзілетін, күрт сынатын.*

**МОРТТЫҚ** з а т. **1.** *Морт болушылық, сынғыштық, күйрегіштік.* **2.** ф и з. *Материалдардың механикалық күштер әсерінен айтарлықтай пластикалық деформацияланбай-ақ бөліну ерекшелігін көрсететін механикалық сипаттама.*

**МОРТТЫЛЫҚ** з а т. ф и з. *Денелердің болар-болмас пластикалық пішінсізденудің әсерінен сыну қасиеті.*

**МОРТЫҚ**[1] з а т. ө с. <лат. eremopyrum>*Құмдауыт жерде өсетін, малға азық болатын құнарлы шөптің түрі.*

**МОРТЫҚ**[2] с ы н. *Тапал, мыртық, аласа бойлы.*

**Мортық болды.** *Быт-шыт болды, күйреді.*

**МОРТЫҚБОЗ** з а т. ө с. *Түсі боз, жіңішкелеу келген сексеуілді жерде өсетін өсімдік.*

**МОРТЫЛДАҚ** с ы н. *Морт-морт сынған.*

**МОРУ**[1] з а т. г е о л. *Минералдар мен таужыныстардың жер бетінде физикалық, химиялық және органикалық агенттер әрекетінен өзгеру және қирау процесі.*

**Мору агенттері.** г е о л. *Таужыныстар мен минералдардың физикалық күйін және химиялық құрамын өзгертетін агенттер; су, оттек, көмірқышқыл газы, әртүрлі минералдық және органикалық қышқылдар, тірі ағзалар, Күн радиациясы.*

**МОРУ**[2] *Моры*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**МОРУ**[3] *Моры*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**МОРФЕЙ** [грек. morpheios] з а т. *Ежелгі грек мифологиясындағы ұйқы және түс көру құдайы.*

**МОРФЕМА** [грек. morphe] з а т. л и н г в. *Сөздің мағыналы бөлшегі: түбір, жұрнақ, жалғау т.б.*

**МОРФЕМИКА** з а т. л и н г в. *Тілдің морфемдік құрылысы, сөз құрамындағы морфемалардың жиынтығы және солардың түрлері.*

**МОРФИЙ** з а т. м е д. *Көкнәрден алынатын ауруды ұйықтататын, ауырғанын басатын дәрі.*

**МОРФИНИЗМ** з а т. м е д. *Морфийге құмарлық, нашақорлықтың бір түрі.*

**МОРФОГЕНЕЗ** [грек. morphe – түр, форма, genesis – пайда болу] з а т. г е о л. *Ағзаның онтогенезі немесе филогенезі барысында құрылымдық элементтің пайда болып, түзілуі.*

**МОРФОГЕНЕТИКАЛЫҚ: морфогенетикалық корреляция.** б и о л. *Ағзаның жеке дамуына ішкі әсерлердің өзара бір-бірімен байланысынан туатын сәйкестік.*

**МОРФОГРАФИЯ** [грек. morphe – пішін, түр, grapho – жазамын, суреттеймін] з а т. г е о л. *Жер беті бедерінің сыртқы белгілерін (биіктігін, тереңдігін, жер бетінің тілімделу сипатын, орналасуын т.б.), жер бедерінің жаралу жағдайы мен жасына байланыссыз сипаттау тәсілі.*

**МОРФОЛОГ** з а т. л и н г в. *Тіл білімінде морфология саласын зерттеуші маман.*

**МОРФОҚҰРЫЛЫМ** з а т. г е о л. *Жаралуында эндогендік процестердің жетекші рөлі болған, құрлық, мұхиттар мен теңіздер түбі бедерінің ірі элементтері таулы өңірлер, мұхит табаны).*

**МОРФОЛОГИЯ**[1] [грек. morphe – пішін, түр, logos – сөз] з а т. л и н г в. *Сөздің құрамын, грамматикалық мағынасы мен қызметін зерттейтін сала.*

**МОРФОЛОГИЯ**[2] з а т. б и о л. *Ағзалардың пішіні мен сыртқы құрылысын зерттейтін ғылым.*

**МОРФОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. л и н г в. *Морфологияға қатысты, соған байланысты.*

**Морфологиялық жылысу.** л и н г в. *Тілдің даму барысында кейбір сөздердің құрамындағы морфемалардың алғашқы жігі өзгеріп, бірінің дыбыстық элементтерінің екіншісіне ығысуы.* **Морфологиялық көрсеткіш.** л и н г в. *Түбірдің қай сөз табынан, қандай түбір, қосымшадан тұратынын көрсететін жұрнақ, жалғау.* **Морфологиялық синтез.** л и н г в. *Сөз тұлғасына қосылған қосымшалар негізінде кәсіптік тілдің нақты сөздік формасын құру.* **Морфологиялық сіңісу.** л и н г в. *Тіліміздегі кейбір сөздердің әуелде қандай бөлшектерден құралғаны бірден аңғарылмайтындай болып кірігіп, бір сөзге айналуы.* **Морфологиялық талдау.** а) л и н г в. *Сөзді түбір мен қосымшаға, сөз табына, грамматикалық категориясына қарай талдау әдісі.* ә) г е о л. *Жер қыртысы қозғалыстарының барысы мен дамуын экзогендік процестерді және қалыптасқан геоморфологиялық құрылысты зерттеу жолымен қалпына келтіру әдісі.*

**МОРФОМЕТРИЯ** [грек. morphe – пішін, түр, metron – өлшеу] з а т. г е о л. *Геоморфологияның жер беті бедеріне сандық сипаттама беретін саласы.*

**МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Морфометрияға қатысты, морфометрияға тән.*

**МОРФОМҮСІН** [грек. morphe – пішін, түр, лат. sculptura – мүсін] з а т. г е о г р. *Жер бетінің*

*салыстырмалы шағын бедерінің формалары (сай, жыра, өзен аңғары, төбе, мореналық қырқалар, жағалық шағылдар, карстық шұңқырлар, т.б.) жер бетінің морфоқұрылымы.*

**МОРФОНЕМА** [грек. morphe – пішін, түр, phonema – дыбыс] з а т. л и н г в. *Бір морфеманың түрлі морфтарын пайда ететін өзара алмасушы дыбыстар.*

**МОРФОНОЛОГИЯ** [грек. morphe – пішін, түр, phone – дыбыс, logos – ілім] з а т. л и н г в. *Морфеманың фонологиялық құрылымын және фонеманың морфологиялық қызметін зерттейтін тіл білімі саласы.*

**МОРФОСЕМАНТИКАЛЫҚ: морфосемантикалық өріс.** л и н г в. *Зерттелетін сөзге фонетикалық, құрылымдық немесе семантикалық жағынан жақын сөздердің жиынтығы.*

**МОРЫ=** е т. *Шіріп тозу, омырылу.* **2.** а у ы с. *Қиындыққа шыдамай, күйректікке салыну.*

**МОРЫҚ=** е т. с ө й л. ***Моры** (күйреу, қиындықтан жадап-жүдеу).*

**МОРЫЛУ: морылу белдемі.** г е о л. *Жер қыртысының физикалық және химиялық морылу процестері қамтыған беткі қабаты.* **Морылу өнімдері.** г е о л. *Әртүрлі таужыныстардың физикалық және химиялық морылуы нәтижесінде дербестелген тау жыныстар мен минерал кристалдарының сынықшаларына, қосалқы кристалдарға, коллоидті және шынайы ерітінділерге қатысты қолданылатын жалпылама атау.*

**МОРЫТ=** е т. **1.** *Тозуға, омырылуға себепкер болу.* **2.** а у ы с. *Күйректікке салындыру.*

**МОРЯК** з а т. с ө й л. *Теңізші, теңіз флотында қызмет істейтін әскери адам.*

**МОРЯКТАЙЫН** с ы н. *Моряктай, моряк сияқты, моряк тәрізді.*

**МОСКИТТЕР** з а т. *Қос қанаттылар отрядына жататын ұсақ қан сорғыш жәндіктер.*

**МОСКИТТІК: москиттік флот.** ә с к. *Шапшаң жүзетін маневрлі ұрыс кемесінің топтамасы.*

**МОСҚАЛ** с ы н. *Біраз жасқа келіп егде тартқан, қартамыс.*

**Мосқал тартты.** *Қартамыс болды, қартайды.*

**МОСҚАЛДАН=** е т. *Жасы келіп егде тарту, қартаю.*

**МОСҚАЛДАНУ** *Мосқалдан етістігінің қимыл атауы.*

**МОСҚАЛДАУ** с ы н. *Мосқал тартқан, жасамыстау.*

**МОСҚАЛДЫҚ** з а т. *Жасамыстық, егделік, қартамыстық.*

**МОСТОДОНТ** з а т. б и о л. *Ерте кезде тіршілік еткен мамонт тұқымдас хайуан.*

**МОСЫ**[1] з а т. э т н. **1.** *Ілгекке ыдыс іліп, шай қайнататын, ас пісіретін үш тағанды темір құрал.* **2.** с ө й л. *Шелек.*

**Мосы көтерілді.** *Шай қойып, тамақ асылу үшін мосы тұрғызылды.*

**МОСЫ**[2] з а т. қ о л ө н е р. *Жіптерді біріктіріп өрмек тоқуға арналған құрал.*

**МОСЫ**[3] з а т. с п о р т. *Түрегеліп тұрып ату жаттығуында мылтықты тіреуге арналған жабдық.*

**МОСЫДАЙ** с ы н. *Мосы сияқты, мосы тәрізді.*

**МОСЫЛА=** е т. *Үш тағанды ету, мосыға ұқсату.*

**МОСЫЛАН=** е т. *Үш тағанды етілу, мосыға ұқсатылу.*

**МОСЫЛЫ** с ы н. **1.** *Мосысы бар.* **2.** *Мосыға ұқсас бірнеше тағанды тіреуіші бар.*

**МОТ** ор. с ы н. с ө й л. *Үнемдеуді білмейтін ысырапшыл.*

**МОТЕЛЬ** [ағыл. motel, motor – қозғалтқыш деген сөзінен, автомобиль және hotel – қонақүй, отель] з а т. *Магистралдық автомобиль жолдарының бойына арнайы салынатын қонақүй кешені.*

**МОТИВ** [франц. motif] з а т. ә д е б. ***Уәж.*** **1.** ә д е б. *Әдебиет пен өнерге арналған шығарманың сюжеті, тақырыбы.* **2.** м у з. *Өзіндік көркемдік сипатқа ие, бір әуендік тақырып, интонация бар шағын музыкалық құрылым, үзінді.* **3.** п с и х о л. *Адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын ішкі субъективті себеп, оның қажеттіктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет. Пиғыл, ынта, мақсат ұғымдарымен үндес.* **4.** л и н г в. *Ұғымның, заттың аталуына себеп болған түрткі, белгі, сыртқы және ішкі әсер.*

**МОТИВАЦИЯ** [лат. motivus] з а т. б и о л. ***Уәждеме** (адам мен жоғары сатыдағы жануарлардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қимыл-әрекеттерін іске асыруға бағытталған ми құрылымының белсенді жағдайы).*

**МОТИВСІЗ** с ы н. ***Уәжсіз** (ешбір мағыналық негізсіз).*

**МОТИВТЕНДІР=** е т. *Мотивке негіздеу.*

**МОТИВТЕНДІРУ** *Мотивтендір етістігінің қимыл атауы.*

**МОТИВТІ** с ы н. *Уәжі бар, уәжді.*

**МОТНЯ** з а т. к ә с. **1.** *Аудың орта тұсындағы балық жиналатын қап.* **2.** *Қайсыбір түркі халықтары мен украиндер киетін шалбарға салынған ау.*

**МОТО**[1]**...** [лат. motor] з а т. *Моторы бар деген мағынада беретін күрделі сөздің алғашқы сыңары.*

**МОТО**[2] з а т. с ө й л. *Моторлы автокөлік.*

**МОТОАТҚЫШ** з а т. ә с к. *Брондалған мәшинеге орнатылған автоматты атқыш қару.*

**Мотоатқыш әскері.** ә с к. *Жүрдек сауыт мәшинелермен, танкіге қарсы қолданылатын күшті құралдармен және басқа да қару-жарақпен жабдықталған құрлық әскерлерінің бір түрі.* **Мотоатқыштар ротасы.** ә с к. *Қазіргі заманғы қуатты қару-жарақпен қаруланған тактикалық бөлімше.*

**МОТОБОЛ** [лат. motor – қозғалтқыш, ball – доп] з а т. с п о р т. *Мотоциклмен футбол ойнайтын командалық ойын.*

**МОТОБОЛШЫ** з а т. с п о р т. *Мотобол ойнайтын спортшы.*

**МОТОВОЗ** з а т. т е х. *Рельспен жүретін моторлы қозғалтқыш, шағын қуатты локоматив.*

**МОТОДРОМ** [лат. motor – қозғалтқыш, грек. dromos – жүгіретін алаң] з а т. *Мотоциклді сынайтын және мотоцикл спортынан жарыс өткізетін ғимарат.*

**МОТОЖАРЫС** з а т. *Мотоцикл жарысы.*

**МОТОЖАРЫСШЫ** з а т. *Мотожарысына қатысушы спортшы.*

**МОТОКОЛОННА** з а т. *Мотоциклдер бағаны.*

**МОТОКОЛЯСКА** з а т. *Мүгедек адамдарға арнап жасалған моторлы қозғалтқышы бар арба.*

**МОТОКРОСС** з а т. с п о р т. *Мотоциклшілер жарысы.*

**МОТОНАРТ** з а т. *Табаны темір, моторы бар шанаға орнатылған үйшік.*

**МОТОПЕХОТА** з а т. ә с к. *Моторлы мәшинемен жабдықталған жаяу әскер.*

**МОТОР** [лат. motor] з а т. т е х. *Кез келген энергия түрін механикалық энергияға түрлендіретін автомәшиненің қозғалтқышы.*

**Мотор майлары.** т е х. *Іштен тұтанатын қозғалтқыштарды майлауға қолданылатын сұйықтықтар.*

**МОТОРДАЙ** с ы н. *Мотор сияқты, мотор тәрізді.*

**МОТОРИКА** [лат. motor] з а т. б и о л. *Бүкіл ағзаның биомеханикалық, физиологиялық қозғалысқа түсуін білдіретін кең мағынадағы ұғым.*

**МОТОРИСТ** з а т. *Жүргізуші жұмыскер.*

**МОТОРИСТІК** с ы н. *Моториске қатысты, соған тән.*

**МОТОРЛАН=** е т. ә с к. *Моторлы техникамен жабдықталу.*

**МОТОРЛАНДЫР=** е т. ә с к. *Моторлы техникамен жабдықтау.*

**МОТОРЛАНДЫРЫЛ=** е т. ә с к. *Моторлы техникамен жабдықталу.*

**Моторландырылған әскер.** ә с к. *Бұрынғы жаяу әскерлерден әлдеқайда өзгеше жаңа қарумен және жоғары дәрежелі техникамен жабдықталған әскер.*

**МОТОРЛЫ** с ы н. *Моторы бар, мотор қойылған.*

**Моторлы атқыштар әскері.** ә с к. *Жүрдек сауытты мәшинелермен, автоматты атқыш қарулармен, танкіге қарсы қолданылатын құралдармен және басқа да қару-жарақпен жабдықталған құрлық әскерлерінің бір түрі.* **Моторлы қайық.** *Ескекcіз, төбесі ашық, мотормен жүретін шағын қайық.*

**МОТОРЛЫҚ** с ы н. *Моторға арналған, моторға қатысты.*

**Моторлық ес.** п с и х о л. *Ойын, еңбек және т.б. әрекеттермен айналысқан кездегі қимыл-қозғалыстарды есте қалдыру мен қайта жаңғыртудан көрінетін жадтың бір түрі.*

**МОТОРОЛЛЕР** [нем. Motorroller] з а т. *Мотоциклдің жүргізушіге барынша ыңғайлы етіп жасалған шағын түрі.*

**МОТОРСЫЗ** с ы н. *Моторы жоқ, мотордың қатысынсыз.*

**МОТОРШЫ** з а т. *Моторды іске қосушы, мотор жөндеуші немесе жүргізуші.*

**МОТОСАҒАТ** з а т. ә с к. *Ұрыстық және көмекші шынжыр табанды мәшинелердің жүріс қорын есептеуге арналған, жұмыс істеу ұзақтығының өлшем бірлігі.*

**МОТОФЕЛЮГА** з а т. *Мотормен жүретін қайық, кеме.*

**МОТОЦИКЛ** [лат. motor – қозғалтқыш, грек. kyklos – дөңгелек] з а т. *Екі немесе үш дөңгелекті, іштен жанатын қозғалтқышы бар шағын көлік түрі.*

**Мотоцикл спорты.** с п о р т. *Тректе, тас-жолда, ипподромда, ойлы-қырлы т.б. жерлерде мотоциклмен шапшаңдық сынаудан өтетін түрлі жарыс.*

**МОТОЦИКЛЕТ** з а т. с ө й л. ***Мотоцикл.***

**МОТОЦИКЛЕТШІ** з а т. *Мотоцикл жүргізушісі.*

**МОТОЦИКЛИСТ** з а т. с ө й л. ***Мотоциклші.***

**МОТОЦИКЛШІ** з а т. *Мотоцикл жүргізуші, мотоциклист.*

**МОТОЭСТАФЕТА** [лат. motor – қозғалытқыш, франц. estafette – үзеңгі] з а т. с п о р т. *Моторлы мәшинелердің тобының әрбір мүшесі бір-біріне кезекті бере отырып, мәреге жетуі арқылы өткізілетін жарыс.*

**МОТТЫҚ** з а т. *Мот болушылық.*

**МОТЫ** с ы н. с ө й л. *Көзқарасы тар, түсінігі кем, көрген-білгені аз.*

**МОФЕТАЛАР** [итал. mofete] з а т. г е о г р. *Температурасы 100°С-тан төмен, негізінен көмірқышқыл құрамды фумарола.*

**МОХОВИК** з а т. б о т. *Саңырауқұлақтың жеуге жарайтын бір түрі.*

**МОҺ-МОҺ** од. *Жылқыны шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

**МОҺ-МОҺЫЛА=** ет. *Моһ-моһ деп жылқыны шақыру, тыныштандыру.*

**МОЦИОН** [нем. Motion] зат. кіт. *Серуендеп жүрушілік.*

**МОЧЕВИНА** зат. биол. *Азоттық заттардың денеде алмасуын реттейтін органикалық зат, карбалид.*

**МОША=** ет. жерг. *Шоғырлану, топталу.*

**МОШҚА=** ет. жерг. *Қасақана сынап байқау, тексеру, тергеу.*

**Мошқап бақты.** *Байқап көрді, тексеріп байқады.* **Мошқап сұрады.** *Егжей-тегжей тәптіштеп сұрады.*

**МОШҚАЛ=** ет. *Сыналып байқалу, тексеріліу, тергелу.*

**МОШҚАТ=** ет. *Сынатып байқату, тексерту.*

**МОШҚАУ** *Мошқа етістігінің қимыл атауы.*

**МОШҚАУЛЫҚ** зат. *Мошқау жасаушылық.*

**МОЮ** *Мойы етістігінің қимыл атауы.*

**МӨ** од. *Сиырдың мөңірегенде шығаратын дыбысы.*

**МӨЖЕНЕ** зат. жерг. *Өрік сүйегінің ішіндегі дәні.*

**МӨЖЕНТОПАЙ** сын. сөйл. ***Можантомпай***.

**МӨЖЕҢКЕ** сын. жерг. *Үлкен, жардай.*

**Мөжеңке шана.** жерг. *Шөп таситын үлкен шана.*

**МӨЙМІЛДЕ=** ет. экспр. *Шүпілдеп толу, лық толу.*

**МӨЙМІЛДЕТ=** ет. *Шүпілдетіп толтыру, лық толтырту.*

**МӨЙМІЛДЕТУ** *Мөймілдет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЙМІЛДЕУ** *Мөймілде етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЙІЛДЕЙ** сын. сөйл. ***Мойылдай***.

**МӨКІ** зат. *Кең ауыз кебістің бір түрі.*

**МӨЛДЕК**[1] зат. *Көшет отырғызуға, баубақша егуге арналған шағындау бөлек жер.*

**МӨЛДЕК**[2] сын. экспр. **1.** *Кішкене, титімдей.* **2.** *Кішігірім, шағын.*

**МӨЛДЕКТЕ=** ет. *Шүпілдеу, мөлтілдеу.*

**МӨЛДЕКТЕТ=** ет. *Шүпілдету, мөлтілдету.*

**МӨЛДІК** сын. сөйл. ***Мөлдек*** *(кішкене, титімдей).*

**МӨЛДІР** сын. **1.** *Судың түсіндай түс.* **2.** *Таза, лай емес, тұнық.* **3.** *Түтін емес, таза, жағымсыз иісі жоқ.* **4.** *Ашық, бұлтсыз.* **5.** ауыс. *Ақ, таза, пәк.*

**Мөлдір аспан.** поэт. *Бұлтсыз, ашық аспан.* **Мөлдір көз.** бейн. *Жас қыз, бойжеткен.* **Мөлдір қара.** а) *Шымқай қара, жалтыр қара.* ә) поэт. *Мөлтілдеген, әдемі.* **Мөлдір махаббат.** поэт. *Таза, шынайы, пәк сүйіспеншілік.* **Мөлдір пейіл.** *Таза көңіл.*

**МӨЛДІРДЕЙ** сын. *Таза, пәк, ақ.*

**МӨЛДІРЕ=** ет. **1.** *Тұп-тұнық болып жату.* **2.** *Жәудіреу, жаудырау.* **3.** *Жылтылдау, жылт-жылт ету.* **4.** ауыс. *Әдемілену, сұлулану.*

**МӨЛДІРЕКТЕ=** ет. *Мөлт-мөлт ету, мөлтілдеу.*

**МӨЛДІРЕС=** ет. *Мөлт-мөлт етісу, мөлтілдесу. Мөлт-мөлт еткізіп жастарын ағызысу.*

**МӨЛДІРЕТ=** ет. *Көзін мөлт-мөлт еткізіп жылау, ағызу, көз жасын мөлтілдету.*

**МӨЛДІРЕТУ** *Мөлдірет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛДІРЕУ** *Мөлдіре етістігінің қимыл атауы; көзі жасқа толу, жылау.*

**МӨЛДІРЛЕ=** ет. *Мөлдір ету, тұнық ету.*

**МӨЛДІРЛЕН=** ет. *Мөлдір болу, тұну.*

**МӨЛДІРЛЕНУ** *Мөлдірлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛДІРЛЕТ=** ет. *Тазарту, тұндыру.*

**МӨЛДІРЛЕТУ** *Мөлдірлет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛДІРЛЕУ**[1] сын. *Аздап мөлдір, тұнықтау, тазалау.*

**МӨЛДІРЛЕУ**[2] *Мөлдірле етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛДІРЛІ** сын. сөйл. *Мөлдір, таза, тұнық.*

**МӨЛДІРЛІК** зат. **1.** *Мөлдір болушылық, тұнықтық.* **2.** физ. *Заттың су түсіндей болу қасиеті.* **3.** ауыс. *Пәктік, жан тазалығы.* **4.** ауыс. *Шынайылық, тазалық, ашықтық.*

**МӨЛДІРТАС** зат. геол. *Түссіз мөлдір кварц, сутас.*

**МӨЛИ=** ет. экспр. *Көзін төмен салып, жалынышпен телміру, сүмірею.*

**МӨЛИТ=** ет. экспр. *Көзін төмен салдыртып телмірту, сүмірейту.*

**МӨЛИТУ** экспр. *Мөлит етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛИІС=** ет. *Жалынышпен телмірісу, сүмірейісу.*

**МӨЛИЮ** *Мөли етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТ** елік. *Сұйық заттың бір тамшысының жылтырап көзге көрінгенін немесе үзіліп тамғанын бейнелейтін сөз.*

**Мөлт етті.** *Мөлдіреп көрінді, мөлдіреді.*

**МӨЛТЕШ** зат. *Қарағайдың шайыры.*

**МӨЛТ-МӨЛТ** елік. *Жылтыраған, тұнық, мөлдір заттың қайта-қайта көзге көрінуін, қайталанған қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Мөлт-мөлт етті.** а) *Қайта-қайта мөлдіреп көрінді.* ә) *Мөлтілдеп көзден жас ақты.*

**МӨЛТЕК** сын. *Кіп-кішкентай, шағын, шамалы ғана.*

**МӨЛТЕКАУДАН** зат. сөйл. *Үлкен қалалардың тұтас сәулеттік кешенді аймағы, ықшамаудан, ықшамаудан.*

**МӨЛТЕКТЕ**[1]**=** ет. экспр. *Жалт-жалт қарап, жаутаңдау, мөлдіреу.*

**МӨЛТЕКТЕ**[2]**=** ет. *Мөлтілдеу, шүпілдеу, лықылдап тұру.*

**МӨЛТЕКТЕТ**[1]**=** ет. *Жаутаңдату, мөлтілдету.*

**МӨЛТЕКТЕТ**[2]**=** ет. *Шүпілдету, лықылдата толтырту.*

**МӨЛТЕКТЕТУ**[1] *Мөлтектет*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕКТЕТУ**[2] *Мөлтектет*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕКТЕУ**[1] *Мөлтекте*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕКТЕУ**[2] *Мөлтекте*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕҢ** сын. *Мөлт-мөлт еткен, мөлдіреген, жаутаңдаған.*

**Мөлтең қақты.** а) *Мөлтеңдеді, жаудырады.* ә) *Безек қақты, безілдеді.*

**МӨЛТЕҢДЕ=** ет. **1.** *Мөлт-мөлт етіп, жаутаңдау, жаудырау.* **2.** ауыс. *Бұкжең қағып, айтқанға көну, мойынсұну.*

**МӨЛТЕҢДЕС=** ет. **1.** *Мөлтең-мөлтең етісу, жаутаңдасу.* **2.** ауыс. *Айтқанға көнісу, мойынсынысу.*

**МӨЛТЕҢДЕСУ** *Мөлтеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Мөлтең-мөлтең еткізу, жаутаңдату.* **2.** ауыс. *Біреудің қолына қарату, кіріптар ету.* **3.** ауыс. *Айтқанға көндірту, мойынсұндыру.*

**МӨЛТЕҢДЕТУ** *Мөлтеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТЕҢДЕУ** *Мөлтеңде етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТІЛ** зат. *Тамшының немесе тұнық, жалтыр заттың, т.б. мөлт-мөлт еткендігі.*

**Мөлтіл қақты.** *Мөлдіреді, мөлтілдеді.*

**МӨЛТІЛДЕ=** ет. ауыс. **1.** *Жылтылдау, жарқылдау.* **2.** *Мөлт-мөлт етіп көзден жас ағу.* **3.** ауыс. *Тұну, сағымдану.*

**МӨЛТІЛДЕГІШ** сын. *Мөлт-мөлт етіп тұратын, мөлтілдей беретін.*

**МӨЛТІЛДЕК** сын. *Мөлтілдеген, мөлдіреген, мөлт-мөлт еткен.*

**МӨЛТІЛДЕС=** ет. *Мөлт-мөлт етісу, мөлтеңдесу.*

**МӨЛТІЛДЕТ=** ет. *Мөлт-мөлт еткізу, мөлтеңдету.*

**МӨЛТІЛДЕТУ** *Мөлтілдет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛТІЛДЕУ** *Мөлтілде етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛШЕР** зат. **1.** *Белгілі бір нәрсенің, заттың жалпы аумағын көрсететін шама, көлем.* **2.** мед. *Бір жолға қабылдауға арналған дәрі көлемі.* **3.** *Қоспа құрамына кіретін заттардың дәл шамасы.*

**МӨЛШЕРДЕГІ** сын. *Бір нәрсенің мөлшерімен шамалас, соның мөлшеріндей.*

**МӨЛШЕРЛЕ=** ет. **1.** *Заттың, нәрсенің көлемін, шама-шарқын, аумағын анықтау, болжалдап, топшылап байқау.* **2.** *Бір шектемеге салып өлшеу.*

**МӨЛШЕРЛЕГІШ** зат. тех. *Сұйық, сусымалы заттардың берілген массасын не көлемін автоматты түрде өлшейтін құрылғы (аппарат, автомат немесе мәшине).*

**МӨЛШЕРЛЕМЕ** зат. экон. *Өзара келісілген ақша сомасының көлемі.*

**МӨЛШЕРЛЕН=** ет. *Зат көлемінің, шама-шарқының, аумағының болжалануы, топшылап байқалуы.*

**МӨЛШЕРЛЕНУ** *Мөлшерлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛШЕРЛЕС** сын. *Шамалас, көлемдес, түспалдас, қарайлас, қатарлас.*

**МӨЛШЕРЛЕС=** ет. *Мөлшерін анықтасу, болжалдасу, топшылап байқасу.*

**МӨЛШЕРЛЕСУ** *Мөлшерлес етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛШЕРЛЕТ=** ет. *Заттың мөлшерін анықтату, болжалдаттыру.*

**МӨЛШЕРЛЕТУ** *Мөлшерлет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨЛШЕРЛЕУ** *Мөлшерле етістігінің қимыл атауы.*

**Мөлшерлеу сорғысы.** сушар. *Көлденең немесе тік білікті, бір плунжерлік, бір әрекетті сорғы.*

**МӨЛШЕРЛЕУІШ** сын. *Мөлшерлеп шығаратын, мөлшерлеп беретін.*

**МӨЛШЕРЛІ** сын. **1.** *Болжамды, шамаланған.* **2.** *Белгілі бір өлшемді, шектеулі.*

**Мөлшерлі кесімі жоқ.** *Алдын ала келісілген, тоқтаған есебі жоқ.*

**МӨЛШЕРЛІК**[1] зат. *Стандартпен бекітілген параметрлердің мүмкіндік мәндері.*

**МӨЛШЕРЛІК**[2] сын. *Мөлшерге қатысты, соған тән.*

**МӨЛШЕР-МЕЖЕ** зат. *Өлшенетін шама, көлем.*

**МӨЛШЕРСІЗ** сын. *Өлшемсіз, шамалаусыз, ағыл-тегіл.*

**МӨЛІДЕЙ** сын. сөйл. ***Мойылдай***.

**МӨЛІР=** е т. с ө й л . ***Мөлтілде***.

**МӨЛІРУ** *Мөлір етістігінің қимыл атауы.*

**МӨНДІ=** е т. с ө й л . *Істеген істің алға басуы, аяқталуы, нәтиже беруі.*

**МӨНДІМ-МӨНДІМ** с ы н . *Мөнтеңдеген, сүмірейген.*

**МӨНДІН** з а т . *Суырдың баласы, күшігі.*

**МӨНДІР** з а т . э т н . т а м а қ . *Малма жасау үшін сүтті пісіріп, суытып, жылы жерге қойып, ұйытқы қосып ұйытқан айран.*

**МӨҢКЕ**[1] з а т . з о о л . <лат. carassius> *Тұқы тұқымдасына жататын тұщы су балығы.*

**МӨҢКЕҢДЕ=** е т. с ө й л . *Бүгежекте.*

**МӨҢКЕРІЛ=** е т. *Екі жағына бұлтақтау, төңкерілу.*

**МӨҢКУ** *Мөңкі етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢКУЛІ** с ы н . *Мөңки берген, мөңкуін қоймаған.*

**МӨҢКІ=** е т. **1.** *Аттың немесе өгіздің, т.б. алдыңғы не артқы екі аяқтарын шалт көтеріп, мінген адамды түсіріп тастауға тырысуы, тулауы.* **2.** а у ы с . *Қатты ашуланып шамдану, бұрқ-сарқ болу.*

**МӨҢКІГІШ** с ы н . *Тулағыш, мөңки беретін, ашуланшақ.*

**МӨҢКІҢКІРЕ=** е т. *Аздап мөңку, мөңки түсу.*

**МӨҢКІҢКІРЕУ** *Мөңкіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢКІП-МӨҢКІП** ү с т . *Үсті-үстіне мөңки, мөңкіген үстіне мөңки.*

**МӨҢКІС=** е т. *Бірлесе мөңку, топтаса мөңку.*

**МӨҢКІСУ** *Мөңкіс етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢКІТ=** е т. *Асау атты шоқырақтатып, асаулығын басып шабу.*

**МӨҢКІТУ** *Мөңкіт етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢТЕҢДЕ=** е т. с ө й л . ***Мөлтеңде***.

**МӨҢІРЕ=** е т. *Сиыр малы, бұғының «мө» деп дыбыс шығаруы.*

**МӨҢІРЕП-МАҢЫРА=** е т. *Сиырдың мөңіреуі мен қойдың қосыла маңырауы.*

**МӨҢІРЕП-МӨҢІРЕП=** е т. *Екілене мөңіреу.*

**МӨҢІРЕС=** е т. *Топтаса мөңіреу.*

**МӨҢІРЕСУ** *Мөңірес етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢІРЕТ=** е т. *Сиыр малын мөңіреуге мәжбүр ету.*

**МӨҢІРЕТУ** *Мөңірет етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢІРЕУ** *Мөңіре етістігінің қимыл атауы.*

**МӨҢІРЕУІК** с ы н . *Мөңірей беретін, мөңірегіш.*

**МӨП-МӨЛДІР** с ы н . **1.** *Өте мөлдір, аса тұнық, тап-таза.* **2.** а у ы с . *Кіршіксіз, пәк.*

**МӨП-МӨЛДІРЛІК** з а т . э к с п р . *Мөп-мөлдір болушылық.*

**МӨР**[1] [ар. مهر] з а т . **1.** *Бетінде ойып жасалған әріп белгілері бар, бір нәрсені куәландыру, растау үшін басатын мекеменің ресми белгісі.* **2.** *Сол мөрдің қағазға түскен таңбасы.* **3.** а у ы с . *Із, белгі.* **4.** а у ы с . *Билік, қызмет, лауазым.*

**Мөр басты.** *Мөрінің ізін түсірді, мөрледі, қағаз, құжатты растады.* **Мөр бастырды.** *Қағазға, керек құжатқа мөр таңбасын қойдырып, растатты.* **Мөр басылған.** *Расталған, заңды, мөр қойылған.* **Мөрі тайды.** *Таңбасы көрінбей қалды.*

**МӨР**[2] з а т . ж е р г . *Галоштың т.б. табанындағы бедері.*

**МӨРБАСАР** з а т . т а р . *Қандай да бір құжатты, ресми жазбаны, қағазды куәландыратын, растайтын, мөр салатын адам.*

**МӨРДЕЙ** с ы н . *Мөр сияқты (бедерлі, анық).*

**МОРЖА** з а т . с ө й л . ***Мұржа***.

**МӨРЛЕ=** е т. *Мөр басу, мөр соғу.*

**МӨРЛЕН=** е т. **1.** *Мөр басылу, мөр соғылу.* **2.** а у ы с . *Бедерлену, айқындалу.*

**МӨРЛЕНУ** *Мөрлен етістігінің қимыл атауы.*

**МӨРЛЕТ=** е т. *Мөр бастырту, мөр соқтырту.*

**МӨРЛЕУ** *Мөрле етістігінің қимыл атауы.*

**МӨРЛІ** с ы н . *Мөрі бар, мөрленген.*

**Мөрлі жүзік.** з е р г . к ө н е . *Ертедегі хан-сұлтандардың, би, әскербасы т.б. дәрежелі қызмет бабындағы кісілердің бір нәрсені куәландыру үшін мөр басатын арнаулы жүзігі.* **Мөрлі меруерт.** з е р г . *Мөрі бар, мөрленген меруерт жүзік.*

**МӨРЛІК: мөрлік тақша.** п о л и г р . *Электрондық сынарлардың нақты байланыстарының суреті бетіне мөрлеу арқылы басылатын және фольга диэлектриктен жасалатын тақша.*

**МӨРСІЗ** с ы н . **1.** *Мөрі жоқ, мөрі басылмаған.* **2.** а у ы с . *Құзырсыз, сөз жүзіндегі ғана лауазымы бар.*

**МӨРТАБАН** з а т . *Мөр басуға арналған құрал; штемпель.*

**МӨЬРЛІ** с ы н . е с к і к і т . ***Мөрлі***.

**МӨШКЕ** ор. з а т . с ө й л . *Сүтті сауын сиыр.*

**МӨШТЕК** з а т . с ө й л . ***Мүштік***.

**МӨШТІК** з а т . с ө й л . ***Мүштік***.

**МРАМОР** з а т . ***Мәрмәр***.

**МРАМОРДАЙ** с ы н . *Мәрмәрдай, мәрмәр сияқты.*

**МРАМОРЛА=** е т. *Мәрмәр төсеу, қалау.*

**МРАМОРЛЫ** с ы н . *Мәрмәрі бар, мәрмәрдан жасалған.*

**МСЬЕ** з а т . *Латын тілді елдерде ересек ер адамға қарата айтатын ізет атауы.*

**МУАДДАНДАР** з а т . д і н и . *Уағыз айтатын діни қызметкер аты.*

**МУАЗИН** [ар. موذن] з а т . е с к і к і т . д і н и . ***Азаншы*** *(азан шақыратын діни лауазымдағы мешіт қызметкері, намаз оқуға шақыратын адам).*

**МУАЙ-ТАЙ** з а т . с п о р т . *Тайландтағы бокстің түрі.*

**МУАМА** [ар. معماة] з а т . ә д е б . *Мұсылман әдебиетіндегі қаламгердің шығармада өз атын астарлап, жұмбақтап беруі.*

**МУАПЫҚ** [ар. موافق] с ы н . *Лайық, орынды, жарасымды.*

**МУАР** з а т . *Құлпырмалы қалың жібек мата.*

**МУАФИҚ** с ы н . е с к і к і т . ***Муапық***.

**МУӘЗІН** з а т . д і н и . ***Муазин.***

**МУӘЗИН** з а т . е с к і к і т . ***Муазин*** *(азан шақырушы).*

**МУДҒА** з а т . д і н и . *Бір тістем ет бейнесіндегі жаратылыс.*

**МУДЖТАХИД** з а т . д і н и . *Құран аттары мен сенімді хадистерге сүйене отырып, өз бетінше шешім шығару жоғары құқығына жеткен мұсылманның дінтанушы, құқықтанушы ғалым, ыждағат дәрежесіндегі білімі, беделі жоғары дін қызметкері.*

**МУДИР** [ар. مدير] з а т . к і т . *Мекеме бастығы; директор.*

**МУЗА** [грек. musa] з а т . **1.** м и ф . *Көне грек мифологиясындағы көркемөнер мен ғылымның қамқоршы құдайы.* **2.** а у ы с . *Шабыт бұлағы, ақын шабыты.*

**МУЗЕЙ** [грек. museion] з а т . к і т . *Материалдық мәдениеттің заттарын жинап, жүйеге салып, көрме ұйымдастырумен айналысатын мекеме, мұражай.*

**МУЗЕЙТАНУ** з а т . *Музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттейтін ғылым саласы.*

**МУЗЕЙТАНУШЫ** з а т . *Музейтану ғылымымен шұғылданушы; музеевед.*

**МУЗЫКА** [грек. musike] з а т . *Өмір шындығын, белгілі бір ойды, образды, идеяны әуен, ән, ырғақ арқылы мазмұндап бейнелейтін көркемөнер саласы.*

**МУЗЫКАЛА=** е т. с ө й л . *Музыка ойнау, музыка тарту.*

**МУЗЫКАЛАТ=** е т. *Музыка ойнау, музыка тарту.*

**МУЗЫКАЛАТУ** *Музыкалат етістігінің қимыл атауы.*

**МУЗЫКАЛАУ** *Музыкала етістігінің қимыл атауы.*

**МУЗЫКАЛЫ** с ы н . *Музыкасы ойнаған, сазды, әуезді, әнді.*

**МУЗЫКАЛЫҚ** с ы н . *Музыкаға қатысты, соған тән.*

**Музыкалық аспаптар**. м у з . *Адамның қатысумен белгілі бір ырғақтағы және тұрақты жоғарылықтағы дыбыстарды шығарып, музыкалық шығармашылыққа мүмкіндік беретін аспаптар.* **Музыкалық байқаулар**. <лат. concursus> *Алдын ала жарияланған шарт бойынша ұйымдастырылған музыканттардың (орындаушылар, композиторлар, музыкалық аспапта ойнау шеберлері) өнер сайысы.* **Музыкалық дыбыс**. *Музыкалық жүйеде нақтылы орны бар, тұрақты биіктіктегі дыбыс.* **Музыкалық екпін.** л и н г в . *Үнді екпін.* **Музыкалық импровизация.** ө н е р . *Шала жазылған ноталарды немесе музыкалық туындыны орындаушы-әншінің өз шығармашылығымен толықтыра отырып орындауы.* **Музыкалық кілт**. *Нота сызықтарында орналасқан нотаның атауы мен биіктігін белгілейтін, дыбыстардың мағынасын анықтайтын белгі.* **Музыкалық лексикография.** *Музыкалық сөздік, энциклопедия, анықтамалық басылым жасау мен олардың арақатынасының теориясы мен практикасы.* **Музыкалық тәрбие**. *Балалардың музыкалық қабілетін жүйелі дамыту мақсатындағы және музыканы түсіну мен қабылдау қасиетін қалыптастыруды көздейтін эстетикалық тәрбиенің құрамдас бөлігі.* **Музыкалық театрлар**. *Опера, балет, оперетта мен музыкалы-драмалық қойылымдарды көрсететін өнер ұжымдары.* **Музыкалық терапия.** *Жүйке жүйесі бұзылған адамды музыка арқылы емдеу әдісі.* **Музыкалық форма**. *Кең ұғымда музыкалық шығарманың идеялық-эмоциялық мазмұнын білдіретін музыканың мәнерлеу құралдарының (мелодия, екпін, ырғақ, гармония т.б.) жиынтығы.* **Музыкалық энциклопедия**. *Ғылыми анықтамалық басылым, музыка мәдениетінің барлық саласын қамтыған жүйелі мәліметтер жинағы.* **Музыкалық эстетика.** *Музыканың табиғатын және оның көркемдік қасиетін зерттейтін ғылыми таным.* **Музыкалық этнография**. *Халықтың музыкалық мұрасы мен шығармашылығын жинап, зерттейтін ғылым саласы.*

**МУЗЫКАНТ** з а т . к і т . **1.** *Музыка саласының біріне маманданған, бір немесе бірнеше аспапта ойнай білетін адам, музыкашы, сазгер.* **2.** а у ы с . *Музыканы түсіне алатын, жақсы сезінетін.*

**МУЗЫКАНТТЫҚ** с ы н . *Музыкаға қатысты, байланысты.*

**МУЗЫКАНТШЫ** з а т . с ө й л . *Музыкашы, сазгер.*

**МУЗЫКАСЫЗ** с ы н . *Музыкасы жоқ, музыканың қатысынсыз.*

**МУЗЫКАТАНУ** з а т . ө н е р . *Музыканы зерттейтін ғылым саласы; өнертанудың бір саласы.*

**МУЗЫКАТАНУШЫ** зат. *Музыкатанумен айналысатын маман, музыковед.*

**МУЗЫКАШЫ** зат. *Музыка маманы, музыкамен шұғылданушы, сазгер.*

**МУЗЫКАШЫЛ** сын. *Музыкақұмар, музыкамен әуестенуші.*

**МУЗЫКАШЫЛЫҚ** сын. сөйл. ***Музыканттық.***

**МУКАМАЛ** [ар. مكمل] зат. сөйл. ***Мүкәммал.***

**МУКОР** зат. бот. *Зигомиценттер класының ақ зең саңырауқұлағы.*

**МУКОРОМИКОЗ** зат. мед. *Мукор саңырауқұлағының зақымдану салдарынан болатын өкпе микозы.*

**МУЛАТ** [исп. mulato] зат. *Еуропалықтар мен негрлер арасындағы некеден тараған аралас нәсіл өкілдері.*

**МУЛЛИТ** зат. кен. *Ерітілген кварцтан жасалған отқа төзімді сирек кездесетін түссіз минерал.*

**МУЛШЕ** зат. мед. *Дәрі атауы.*

**МУЛЬДА** [нем. Mulde] зат. **1.** *Болат қорытатын пештегі шикізатты салатын болаттан жасалған қорап.* **2.** *Сұйық металдан сомдалған кесектерді құю үшін қолданылатын құйғыш мәшинедегі қалып.* **3.** геол. *Өлшемдері тең немесе астау тәрізді ұзынша келген тектоникалық ойпаңдардың не олардың синклиналь пішіндегі бөліктерінің жалпы аты.*

**МУЛЬТИЖҮЙЕ** зат. инф. *Араларында мәліметтер алмасуды жүзеге асыратын бірнеше компьютерден тұратын жүйе.*

**МУЛЬТИМӘДЕНИЕТ** зат. жаңа. *Көп мәдениет, бір елдегі ұсақ ұлттардың мәдениеті.*

**МУЛЬТИМӘДЕНИЕТТІ** сын. жаңа. *Көп мәдениетті, ұсақ мәдениетті.*

**МУЛЬТИМӘДЕНИЕТТІЛІК** зат. саяси. *Елдегі бірнеше ұсақ ұлттар мәдениеттерін үйлестіріп басқаруға бағытталған саясат және бір мемлекет аясындағы көпмәдениеттілік құбылысы.*

**МУЛЬТИМЕДИА** зат. инф. *Компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология.*

**МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ** сын. *Мультимедиаға қатысты, мультимедиамен байланысты.*

**МУЛЬТИМИЛЛИОНЕР** [франц. multimillionnaire] зат. *Көп миллиондаған қаржыны иемденуші кісі.*

**МУЛЬТИПЛЕТТІК** зат. хим. *Электрлік және магниттік өрісте атомдардың немесе молекулалардың кванттық күйінің туындауының күйлерінің саны.*

**МУЛЬТИПЛИКАТОР** [лат. multiplicator] зат. **1.** экон. *Ұлттық өнімнің, табыстың және ақша айналымының өсуін айқындайтын сандық коэффициент.* **2.** өнер. *Мультипликация жасаушы адам, мультипликациялық кино суретшісі.* **3.** физ. *Әлсіз токтардың күшін өлшейтін аспап.* **4.** *Бір заттан бір мезгілдің ішінде көп сурет түсіріп беретін камера.*

**МУЛЬТИПЛИКАЦИЯ** [лат. multiplicatio] зат. өнер. **1.** *Жүйеленген суреттерді кино етіп түсіру ісі.* **2.** *Жүйеленген суреттерді жалғастырып түсірілген фильм, мультфильм.*

**МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫ** сын. *Мультипликацияға негізделген.*

**МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ** сын. *Мультипликацияға қатысты, соған тән.*

**Мультипликациялық кино**. өнер. <лат. multiplicatio> *Суреттердің (жазық нысандар), қуыршақтардың (көлемді нысандар) қозғалысы фазаларын жеке кадрларға түсіріп, ретімен көрсетуден туатын кино өнерінің бір түрі.*

**МУЛЬТИТІЗІМ** зат. инф. *Тіркестірілген жазба мен тізімге алынған файлды біріктіруге негізделген ақпараттық жиым.*

**МУЛЬТМӘДЕНИ: мультмәдени білім.** пед. жаңа. *Көпұлтты мемлекетте ұлтаралық татулыққа үйрететін білім беру бағыты.*

**МУЛЬТФИЛЬМ** зат. өнер. *Жас балаларға арналған суретті кино.*

**МУЛЯЖ** [франц. moulage] зат. *Гипстен, балауыздан т. б. материалдардан жасалған заттың формасын дәл беретін бедер, нәрсенің көшірме суреті.*

**МУМИЕ** зат. ***Мумия*** *(дәрілік қасиеті бар май, табиғи қоспа).*

**МУМИН** [ар. مومن] зат. діни. *Мұсылман, Құдайға сенуші діндар.*

**МУМИФИКАЦИЯ** зат. *Мумияға айналдырушылық.*

**МУМИФИКАЦИЯЛА=** ет. *Мумияға айналдыру, мумиялау.*

**МУМИЯ**[1] зат. **1.** *Өліктің бальзамдалып бүлінбей сақталған, қатып қалған денесі.* **2.** ауыс. *Көп қимылдамайтын, бір орнында отыра беретін не жалқау адам.*

**МУМИЯ**[2] зат. *Минералдық қызғылт бояу, қызыл түстің бір түрі.*

**МУМИЯ**[3] зат. *Тау жыныстарының арасынан шығатын, дәрілік қасиеті бар май, табиғи қоспа.*

**МУМИЯДАЙ** сын. *Мумия сияқты, қатып қалған.*

**МУМИЯЛА=** ет. *Мәйітті бұзылудан сақталатындай етіп қатыру.*

**МУМИЯЛАН=** ет. *Бальзамдалып қатырылу.*

**МУМИЯЛАНУ** *Мумиялан етістігінің қимыл атауы.*

**МУМИЯЛАТ=** ет. *Әртүрлі дәрі-дәрмек жағу арқылы өлген адамның мәйітін ұзақ уақытқа сақтату.*

**МУМИЯЛАУ** *Мумияла етістігінің қимыл атауы.*

**МУНАЗЗАХ** сын. діни. *Алыс, таза, ада.*

**МУНДИР** [лат. mundus] зат. *Азаматтық және әскери формалы салтанатты киім.*

**МУНДИРЛІ** сын. *Мундирі бар, мундир киген.*

**МУНИЦИПАЛДЫҚ** сын. *Муниципалға қатысты, соған тән.*

**Муниципалдық кәсіпорын.** экон. *Мүлкі жергілікті бюджет қаражаты есебінен құралатын кәсіпорын.* **Муниципалдық қызмет**. *Жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты негізде өз өкілеттіктерін орындау жөніндегі кәсіптік қызмет.*

**МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯЛА=** ет. *Жерге, үй-жайға иелік құқығын жеке кісілерден еріксіз алып, оны жергілікті басқарма орындарына беру.*

**МУНИЦИПАЛИЗАЦИЯЛАУ** *Муниципализацияла етістігінің қимыл атауы.*

**МУНИЦИПАЛИТЕТ** [нем. Munizipalitat] зат. **1.** *Кейбір елдердегі сайланып қойылатын жергілікті (көбінесе қалалық) басқарма орны.* **2.** *Батыс Еуропа мен Американың кейбір елдеріндегі өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы.*

**МУНЦ-МЕТАЛЛ** [нем. Munzmetall] зат. кен. *Құрамында 40%-тей мырышы бар жез.*

**МУОЛ** зат. мед. *Суда жақсы еритін корбалка иісті дәрі.*

**МУРАВА**[1] зат. мех. *Лак тәрізді сыр.*

**МУРАВА**[2] зат. әдеб. *Төрт тармақты шумақ қолданылатын өлең түрі.*

**МУРЕНА** зат. зоол. *Жерорта теңізінде тіршілік ететін жыртқыш балық.*

**МУРСАЛ** [ар. مرسل] зат. ескі кіт. *Пайғамбар.*

**МУСАЛЛАМ: мусаллам болды.** діни. *Көну, нану.*

**МУСКАРИН** зат. *Мухомордан (шыбын қырғыштан) алынатын улы зат.*

**МУСКАТ** [франц. muscat] зат. **1.** *Жүзімнің жұпар иісті сорты.* **2.** *Жүзімнің осы сортынан жасалған шарап.*

**Мускат жаңғағы.** тамақ. *Тіл үйіретен дәмі бар, хош иісті тропиктік өсімдік жемісі.*

**МУСКОВИТ** зат. геол. *Силикаттар класының қабатты типіне жататын минерал.*

**МУСКУЛ** зат. кіт. *Малдың, жануардың бұлшық еті, қоң еті.*

**МУСКУС** [лат. muscus] зат. *Бірқатар жануарлардың ұрық безінен алынатын иісі күшті зат.*

**Мускус байсаты.** бот. <лат. adoxa moschatellina>. *Байсаттар тұқымдасы байсат туысына жататын, вегетативті жолмен көбейетін, биіктігі 5-15 см сарғыш ұсақ гүлді шөптесін өсімдік.*

**МУСЛИН** [франц. mousseline] зат. *Жеңіл жұмсақ мата.*

**МУСС** зат. тамақ. *Жеміс-жидек, шоколадтан жасалған тәтті тағам.*

**МУССАДАС** [ар. مسدس] зат. әдеб. *Әр шумағы алты тармақтан құралған шығыс әдебиетінде кең тараған өлең түрі.*

**МУССОН** [франц. mousson] зат. геогр. *Жыл маусымына қарай өзінің бағытын өзгертіп тұратын, күшті теңіз желі; жер бетіне таяу тропосфераның төменгі қабатындағы ауа массаларының жыл мезгілдеріне қарай алмасатын маусымдық ағысы.*

**МУССОНДЫ: муссонды климат.** геогр. *Жер шарындағы атмосфераның муссон айналымы болып тұратын өңіріне қатысты климат.*

**МУССОНДЫҚ** сын. *Муссонға қатысты, соған тән.*

**Муссондық ағыстар.** *Мұхит пен теңіздерде муссон желдерінің әсерінен пайда болатын су бетіндегі желдік ағыстар.* **Муссондық жаңбыр**. *Мұхиттан құрлыққа соғатын жазғы муссон кезеңінде жауатын жаңбыр.*

**МУССУРАНА** зат. зоол. *Бразилия кірпісі.*

**МУСТАЖАБ** [ар. مستجاب] сын. ескі кіт. *Қабылданған, қабылданатын.*

**МУСТАНГ** зат. зоол. *Жабайы болып кеткен үй жылқысы.*

**МУТАГЕН** [лат. mutatio] зат. биол. *Жасушаның генетикалық материалын бұзатын және мутациялық өзгерістердің пайда болуына ықпал ететін әртүрлі факторлар.*

**МУТАГЕНЕЗ** [лат. mutatio – өзгеру, грек. genesis – тегі, пайда болу] зат. *Физикалық және химиялық мутагендердің көмегімен мутацияларды жасанды жолмен алу әдісі.*

**МУТАНТ** зат. биол. *Мутациялау жолымен алынған жануар мен өсімдіктің жекеленген түрі.*

**МУТАТОР** зат. *Электр тоғын не тоқтатып, не қайта жаңартып тұратын аспап.*

**МУТАЦИЯ** [лат. mutatio] зат. биол. *Генотиптің өзгеруіне байланысты ағзада жаңа қасиеттің пайда болуы.*

**МУТАЦИЯЛАН=** ет. *Мутацияға айналу.*

**МУТАЦИЯЛАНУ** *Мутациялан етістігінің қимыл атауы.*

**МУТАЦИЯЛАНУ** *Мутациялан етістігінің қимыл атауы.*

**МУТАЦИЯЛЫҚ** сын. *Мутацияға қатысты, соған тән.*

**МУФЕЛЬ** [нем. Muffel] зат. *Отқа төзімді материалдан не ыстыққа берік болаттан жасалған камера не қалпақ.*

**МУФЕЛЬДІ: муфельді пеш.** *Жалынмен қыздыратын электр пеші.*

**МУФЛОН** [франц. muflon] зат. зоол. *Таулы жерде болатын тағы қой, арқардың бір түрі.*

**МУФТА**[1] [нем. Muffe] зат. тех. *Мәшиненің мотор күшін артқы белтетікке қосатын жалғастыру тетігі; біліктерді, құбырларды, болат арқандар мен кабельдерді т.б. жалғастыруға арналған құрылғы.*

**МУФТА**[2] [нем. Muffe] зат. *Аң терісінен, елтіріден тігілетін қолғап орнына киетін әйелдер киімінің бір түрі.*

**МУФТАЛЫ** сын. *Муфтасы бар.*

**МУФТИ** [ар. مفتى] зат. діни. *Шариғат мәселелері жөнінде билік айтушы діни оқымысты, мұсылман дінінің ең жоғарғы уәкілі.*

**МУФТИЛІК** зат. *Муфти болушылық, муфтиге қатыстылық; муфтидің атағы мен қызмет дәрежесі.*

**МУФТИЯТ** [ар. مفتية] зат. *Мұсылман қауымдары бар аймақтарда шариғат жолын тұтынуға басшылық ететін діни мекеме.*

**МУХАММАС** зат. әдеб. *Орта Азия мен Таяу Шығыс елдері әдебиетінде кездесетін бес тармақтан тұратын өлең шумағы.*

**МУХАМОР** зат. өс. *Шыбын қыратын улы саңырауқұлақ.*

**МУШК** зат. кіт. *Хош иісті зат, мускус.*

**МУШКЕТ** [франц. mousquet] зат. әск. көне. *16 ғасырдың басында Испанияда жасалған, білтелі бекітпесі бар оқ ату қаруы.*

**МУШКЕТЕР** [франц. mousquetaires] зат. тар. **1.** *Ерте кездегі (16-18 ғ.ғ.) мушкет асынған жаяу әскер.* **2.** *Король сарайында әскери қызмет атқарушы.*

**МУШМУЛА** зат. өс. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын субтропиктік тікенді бұта.*

**МУШТРА** зат. *Қатал, дөрекі, ұрып-соғуға негізделген тәрбие беру әдісі.*

**МҰҒАДА** зат. көне. *Арман, тілек, өтініш.*

**МҰҒАДАЛЫ** сын. көне. *Армандаған, көксеген.*

**МҰҒАЖЫР** зат. діни. ***Мұқажар.***

**МҰҒАЙЫН** [ар. معين] үст. жерг. *Дәл, анық; расында, шынында.*

**МҰҒАЛ** сын. *Жұмыр, доғал.*

**МҰҒАЛАҚ** сын. сөйл. ***Мұғал.***

**МҰҒАЛЛАҚ** сын. көне. *Мекенсіз, құпия.*

**МҰҒАЛЛАҚТАТТАУ** зат. әдеб. *Жазба сөз түрінде айтысу.*

**МҰҒАЛИМА** [ар. معلمة] зат. ескікіт. *Мұғалім әйел.*

**МҰҒАЛІМ** [ар. معلم] зат. *Мектепте, басқа да кейбір орта оқу орындарында оқушыларға сабақ беретін ұстаз, оқытушы маман.*

**Мұғалімдер бөлмесі**. пед. *Мектепте мұғалімдерге арналған бөлме.* **Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институты**. *Мұғалімдер мен білім беру саласындағы басқа да қызметкердің кәсіби біліктілігін жетілдірумен айналысатын әдістемелік мекемелер.* **Мұғалім имиджі.** *Мұғалімнің тәрбиеленушілер мен әріптестері, әлеуметтік орта алдындағы сыртқы бейнесі.*

**МҰҒАЛІМДІК** зат. *Оқытушылық, ұстаздық.*

**МҰҒДАР** [ар. مقدار] зат. көне. **1.** *Шама, мөлшер, уақыт.* **2.** *Мұрша, әл.*

**МҰҒДАРЛА=** ет. *Шамалау, мөлшерлеу, болжау.*

**МҰҒДАРЛАС** сын. *Шамалас, мөлшерлес, қарайлас.*

**МҰҒДАРЛАС=** ет *Шамаласу, мөлшерлесу, болжасу.*

**МҰҒДАРЛАТ=** ет. *Шамалаттыру, мөлшерлету, болжату.*

**МҰҒДАРЛАУ** *Мұғдарла етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҒДАРЛЫ** сын. *Мөлшерлі, болжамды, жорамалды; діттеген.*

**МҰҒДАРНАМА** зат. *Бір ұйымның жұмысына қатысты ережелер жинағы.*

**МҰҒДАРСЫЗ** сын. *Мақсатсыз, болжамсыз; әрі-сәрі.*

**МҰҒДАРЫНДА** үст. *Шамасында, мөлшерінде.*

**МҰҒДАРЫНША** үст. *Әліне қарай, шамасы келгенше.*

**МҰҒЖИЗА** [ар. معجزة] зат. діни. *Табиғат заңдылығынан тыс, адам мүмкіндігінен жоғары, уақыт пен мекенге тәуелсіз жүзеге асатын Алланың пайғамбарларға берген кереметі.*

**МҰҒЖИЗАТ** [ар. معجزات] зат. діни. ***Мұғжиза.***

**МҰҒЖЫЗА** зат. ескікіт ***Мұғжиза.***

**МҰҒЫР** сын. жерг. *Ең жоғарғы, ең биік.*

**МҰДАРРИС** [ар. مدرس] зат. ескікіт. *Медреседе сабақ беруші, оқытушы.*

**МҰДДАҒА** [ар. مدعى] зат. ескікіт. *Талап, тілек.*

**МҰДДҰҒА** зат. ескі кіт. ***Мұддаға.***

**МҰДИР** [ар. مدير] зат. ескікіт. *Мүдір, басқарушы, меңгеруші, директор.*

**МҰЖҒЫЛА=** ет. *Мұжи тусу, көп мұжу.*

**МҰЖҒЫЛАУ** *Мұжғыла етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЖҒЫН** зат. өс. *Шөл-шөлейтті жерлерде тұп-тұп болып өсетін бұталардың бірі.*

**МҰЖТИ=** ет. сөйл. *Мыж-мыж болу, мыжылу.*

**МҰЖУ** *Мұжы етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЖЫ=** ет. **1.** *Сүйектің етін тазарта жеу, қажау, кеміру.* **2.** *Күн күйдіріп, жел қатып, тоздыру, ұгіту.* **3.** ауыс. *Құлақтың құрт етін жегідей жеу, іштей тауысу.*

**МҰЖЫҒЫРЛАУ** сын. сөйл. *Қартайыңқыраған.*

**МҰЖЫҚ**[1] [ор. мужик] зат. **1.** *Патшалық Ресей тұсындағы қарашекпен орыс шаруасы.* **2.** сөйл. ***Еркек*** *(бұл жерде ер мінезді әйел туралы айтылады).*

**МҰЖЫҚ**[2] сын. **1.** *Шеті мұжылған, кемірілген; тозған.* **2.** *Мұжыл, моқал, тұқыл.*

**МҰЖЫҚТАН=** ет. жерг. *Орыс мұжығына ұқсау.*

**МҰЖЫҚСЫН=** ет. *Мұжық*[1] *деп санау, мұжыққа жатқызу.*

**МҰЖЫҚША** үст. *Мұжыққа ұқсап, мұжық сияқтанып.*

**МҰЖЫЛ=** ет. **1.** *Сүйек етінің желінуі, қажалып кемірілуі.* **2.** *Бір нәрсенің қажалып тозуы, жемірілуі.* **3.** ауыс. *Іштей таусылу.*

**МҰЖЫЛТ=** ет. *Қарапайымдандыру, мәнін кетіру, доғалдандыру.*

**МҰЖЫЛУ** *Мұжыл етістігінің қимыл атауы; қажалу, ұгілу, желіну.*

**МҰЖЫНДЫ** зат. *Тозған, мыж-мыж болған зат. //Мұжылып тасталған сүйек.*

**МҰЖЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл-пәл мұжи тусу.*

**МҰЖЫС=** ет. *Сүйектің етін қажап бірлесе жеу.*

**МҰЖЫСУ** *Мұжыс етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЖЫТ=** ет. *Сүйектің етін жегізу.*

**МҰЖЫТУ** *Мұжыт етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗ** зат. **1.** *Аяздың әсерінен қатып қалған су; судың қатты күйі.* **2.** ауыс. *Өкпе-реніш, қайғы-қасірет, ауыртпалықтың көңілдегі ізі.*

**Мұз айдыны.** бейн. *Алма-кезек, өмір, тағдыр.* **Мұз алаңы.** а) геогр. *Теңіз мұзының көлденеңі 20 м-ден асатын кез келген, едәуір жазық болып келетін кесегі.* ә) *Тегіс мұз қатқан конькимен сырғанайтын жер.* **Мұз арқалап, күл төкті**. *Бар қиыншылықты көтерді, бейнетіне көнді.* **Мұз ауру.** жерг. *Күзгі мұздақ кезінде жылқыда болатын ауру, індет.* **Мұз байланды**. *Су қатты, мұз ұстады.* **Мұз бел.** *Беларқасы мықты (жылқы).* **Мұз болды.** *Көңілі суыды, жібімеді.* **Мұз бұзылды.** *Су бетіне қатқан тоң еріп, жарылды, сең жүрді.* **Мұз бүрікті.** поэт. *Қар (мұз) шашты, борады.* **Мұзға отырғызып кетті**. *Жер соқтырып кетті, алдады.* **Мұз дәуірі.** *Жер бетін түгел мұз басқан кезең.* **Мұз жастанып, бұлт емген**. бейн. *Аспанмен тілдескен деген мағынада.* **Мұз жастанып, қар төсенді [мұз төсеніп, қар жастанды]**. *Қиындыққа тап болды, қиналды.* **Мұз жүрек.** поэт. а) *Жібімейтін, тас жүрек.* ә) *Суыған, өмірден торыққан.* **Мұз көшкіні**. а) *Мұздықтың тік кертпіштері бар телімі.* ә) *Бет жағын көптеген жарықшақтар тілімдеп, мұз сеңдеріне бөлшектеген мұздық телімі.* **Мұз қара көк.** *Тіптен, мүлде; тегіс.* **Мұз қара көк болды.** *Аурудан жазылды, айықты.* **Мұз қату**. а) *Өзенде, суқоймада жылжымайтын мұз қабатының түзілуі.* ә) *Өзенде, суқоймада жылжымайтын мұз қабаты байқалатын кезең.* **Мұз қату айы.** этн. *Маңайдан ат, арқан тазарып, ел қыс қамын ойлап, қазан айын күтіп алатын шақ.* **Мұз мұхит**. сөйл. ***Мұзды мұхит*.** **Мұз сөгілу.** *Жылу мен механикалық күштердің әсерінен өзен суы бетіндегі мұз жамылғысының бұзылуы.* **Мұз топаны.** *Сең, мұзды тасқын, сел.* **Мұз төсеніп, қар жастанды.** *Табиғаттың ыстық-суығына шыдап бақты.*

**МҰЗАЙДЫН** зат. *Сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған алаң; мұзойнақ.*

**МҰЗАҚТА=** ет. сөйл. *Мұзға айналу.*

**МҰЗАҚТАН**=ет. *Мұзға айналу, мұздану.*

**МҰЗАРТ** зат. *Таудың мұз қатқан шыңы; мұз тау.*

**МҰЗАРТТЫ** сын. *Мұзарт басқан, мұзарты бар.*

**МҰЗБАЛАҚ**[1] зат. **1.** саят. *Бес жасар алғыр, қыран бүркіт.* **2.** ауыс. *Қыран бүркіт сияқты алғыр, өткір, батыл (адам туралы).*

**МҰЗБАЛАҚ**[2] зат. *Қыстыгүні түнде жүретін балықшы, күзетші.*

**МҰЗБАЛАҚТАЙ** сын. *Мұзбалақ сияқты, мұзбалақ тәрізді.*

**МҰЗБАЛЫҚ** зат. зоол. *Шортан тұқымдастарға жататын балық.*

**МҰЗБАСУ** зат. *Жер бетінің мұз бен мұз шоғырымен көмкерілуі.*

**Мұзбасу циклі.** геогр. *Климаттың өзгеруімен мұзбасудың пайда болуы.*

**МҰЗБҰРҒЫ** зат. *Мұзды бұрғылап оятын құрал, мұзжарғыш.*

**МҰЗҒАЛАҚ** зат. жерг. ***Көктайғақ.***

**МҰЗДА=** ет. **1.** *Тоңу, жаурау, қалшылдау.* **2.** *Суу, салқындау.* **3.** ауыс. *Көңілі қалу, ренжу.*

**МҰЗДАЙ**[1] сын. *Тастай, сап-салқын.*

**МҰЗДАЙ**[2] үст. жерг. *Тіптен, мүлде; бүтіндей, тұтас, тегіс, түгел.*

**Мұздай аман.** жерг. *Тегіс аман.* **Мұздай киіндірді.** *Судай жаңа киім кигізді.* **Мұздай қара көк.** а) *Тіптен, мүлде,* ә) *Тегіс түгел.* **Мұздай қаруланды.** *Барлық қаруын түгел асынды.*

**Мұздай темір [көк темір] құрсанды**. а) ф о л ь к. *Қаһарына мінді.* ә) *Барлық қаруын түгел асынды.*

**МҰЗДАЙЛЫҚ** з а т . *Мұздай суықтық, тастайлық.*

**МҰЗДАҚ** з а т . **1.** *Қатты аяздан жер бетінің мұз болып қатуы; қатыңқырап мұзға айналған сұйықтық.* **2.** *Тау шыңдарындағы мәңгі қатып жатқан мұз, мұзарт.*

**МҰЗДАҚСУ** *Мұздақсы етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДАҚСЫ=** е т. *Мұздаққа айналу.*

**МҰЗДАҚТА=** е т. **1.** *Мұз қату, тоңазу.* **2.** *Мұз қату салдарынан тайғанақтап жүре алмау.*

**МҰЗДАҚТАЙ** с ы н . *Мұздақ сияқты, мұздақ тәрізді.*

**МҰЗДАҚТАН=** е т. *Қатып, тоңазу, мұз болу.*

**МҰЗДАҚТАНУ** *Мұздақтан етістігінің қимыл атауы; мұздаққа айналу.*

**МҰЗДАҚТЫ** с ы н . *Мұздақ қатқан, мұздақтаған, суық.*

**МҰЗДАН=** е т. **1.** *Судың қатуымен байланысты мұзға айналуы.* **2.** а у ы с . *Торығып, жабырқану.*

**МҰЗДАНУ** *Мұздан етістігінің қимыл атауы; мұзға айналу, мұз болу.*

**МҰЗДАНҚЫРА=** е т. *Аздап мұздау, тоңу, жаураңқырау.*

**МҰЗДАНҚЫРАУ** *Мұзданқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДАТ=** е т. **1.** *Тоңдыру, жаурату, тоңазыту.* **2.** а у ы с . *Жабырқату, көңілді құлазыту.*

**МҰЗДАТҚЫШ** з а т . *Ет, балық тағы басқа тағамдарды мұздатып сақтауға арналған жабдық; морозилка.*

**МҰЗДАТУ** *Мұздат етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДАТЫЛ=** е т. **1.** *Ет, балық тағамдарының тоңазытқышқа не салқын жерге қойылып суытылуы.* **2.** *Мұздай суық күйге келтірілу.*

**МҰЗДАТЫЛУ** *Мұздатыл етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДАУ** *Мұзда етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДАУЫТ** з а т . с ө й л . ***Мұздақ.***

**МҰЗДАЯҚ** с ы н . ж е р г . **1.** *Суыққа тоңған, жаурап қатып қалған.* **2.** *Шаршап-шалдығу, діңкелеу.*

**МҰЗДЫ** с ы н . **1.** *Мұз басқан, мұз қатқан.* **2.** *Сұп-суық, мұздай суық.*

**Мұзды балақ [қанды көз]**. *Қыран бүркіт, ақ иық алғыр құс.* **Мұзды тұман**. *Ауаның күңгірттенуі мен көлбеу бағыттағы көру мүмкіндігінің 1 км-ге дейін төмендеуі.*

**МҰЗДЫАЯҚТАН=** е т. ж е р г . *Мазасы кету.*

**МҰЗДЫАЯҚТАНУ** *Мұздыаяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЗДЫҚ** з а т . *Ұзақ уақыт бойы сақталатын ірі мөлшерлі мұз шоғыры.*

**Мұздық аккумуляциясы.** г е о л . *Мұздық шөгінділерінің құрлықта және мұздық пен мұздық маңылық сушараларда жиналуы.* **Мұздық аңғар**. *Таулардағы мұздық жырған эрозиялық аңғар.* **Мұздық асты ағындысы**. *Тау мұздықтарының жиегінен немесе жамылғылық мұздықтардың астынан шығып жататын ағын су.* **Мұздық дәуір.** *Полярлық ендікпен қоса қоңыржай ендіктің климаты аса суытып, мұз жамылғының жаппай жайылған кезеңі.* **Мұздық жамылғылар**. *Тұтас мұз қалқаны түріндегі қалыңдығы бірнеше км (антарктикалық мұздықтың қалыңдығы >4 км), ауданы бірнеше млн. км² болатын жерүсті мұздықтарының түрі.* **Мұздық жарықшақтар**. *Қозғалыс кезінде мұздықтардың жарылуынан пайда болатын жарықшақтар.* **Мұздық кезең**. *Жердің геологиялық тарихындағы тым ұзаққа созылған уақыт кезеңі.* **Мұздық кептелу**. *Сең жүру кезінде мұздың ірі бөлшектерінің өзендердің тар арналарында, ағын су иіндерінде, қайырларда және т.б. жерлерінде кептеліп үйілуі.* **Мұздық кешен.** *Заңдылық бойынша орналасқан мұздық бедер пішіні мен түзілімнің жиынтығы.* **Мұздық көл.** *Пайда болуы мұздықтың өткен кезеңдердегі әрекеттері арқылы (жиақтау немесе жырту) немесе шығыңқы мұздық тілінің табиғи ағынының бөгелуіне байланысты қалыптасатын көл.* **Мұздық қазандары**. г е о л . *Мұздық табанындағы қабырғалары тік, түбі ойыс тереңдеме (эворзиялық қазандар).* **Мұздық қозғалысы**. *Мұздықтың ауырлық күші ықпалымен қоректену аймағынан жиегіне қарай жылжуы.* **Мұздық маңы белдемі**. г е о л . *Континент немесе тау мұздығына жапсарлас белдем.* **Мұздық мұзы.** *Қар шегінің жоғарғы жағындағы қардың қатты кристалдануынан және мұздық қозғалысы кезінде динамикалық өзгерістерге ұшырауынан қалыптасқан мұз.* **Мұздық өзен.** а) *Мұздықтың еріген суы құйылатын өзен.* ә) *Мұздық бетінде еруі арқылы арна салған еріген судың ағыны.* **Мұздық табаны.** *Мұздық орналасқан түпкі жыныстардың беті.* **Мұздық шашылымдары**. *Мұздық әрекетінің нәтижесінде түзілген шашылымдар.* **Мұздық шөгінділер**. *Мұздықтың және мұздық еріген кезде пайда болған су ағындары әрекетінің нәтижесінде пайда болатын түзілімдер жиынтығы.*

**МҰЗДЫҚАРАЛЫҚ** з а т . *Төрттік кезеңнің екі мұздық дәуірін бөліп жатқан уақыт аралығы.*

**МҰЗДЫҚАСТЫ: мұздықасты су.** *Таулы аймақтағы мұздық астындағы таужыныста қалыптасқан жерасты суы.*

**МҰЗДЫҚСЫЗДАН=** е т. *Мұздықтардың бірте-бірте еріп құрып кетуі.*

**МҰЗДЫҚТАНУ** з а т . <лат. glacies – мұз, грек. logos – ілім> *Жер бетіндегі табиғи мұздың барлық түрі және жерасты мұзы туралы ғылым саласы.*

**МҰЗЖАРҒЫШ** з а т . *Мұзды жарып жүзетін қуатты моторы бар теңіз кемесі.*

**МҰЗКЕПЕ** з а т . *Жер астындағы мұз сақтайтын орын.*

**МҰЗКЕСКІШ** з а т . *Үлкен гидротехникалық құрылыста шлюз діңгектерін мұз жүргісінен қорғау үшін қолданылатын құрылғы.*

**МҰЗҚАЛА** з а т . с ө й л . *Мұз сақтайтын орын.*

**МҰЗҚАР: мұзқар даласы**. г е о г р . *Мұзқар аймағы, мұздақтар бастау алатын аймақ.*

**МҰЗҚАШЫРТҚЫ** з а т . *Мұз араласқан суды бөгеттің жоғарғы ернеуінен төменгі ернеуіне ағызатын арнаулы құрылым.*

**МҰЗҚҰЛАУ** з а т . *Биік жардың шетіне жылжып келген мұздақтың сынған бөліктерінің биіктен құлайтын жолы.*

**МҰЗҚҰРСАУ** з а т . *Өзенде, су қойманың бетінде тұрақты, тұтас мұз жамылғысы басатын кезең.*

**МҰЗОЙҒЫШ** з а т . <нем. Eis – мұз, beil – сүңгі балға> *Қазықтарды қағу үшін күректің орнына сүңгі-балғасы бар қысқа сапты ойғыш құрал.*

**МҰЗОЙНАҚ** з а т . с ө й л . *Мұзайдын.*

**МҰЗСАРҒАЛДАҚ** з а т . ө с . *Таудың мұз қатқан жерлеріне өсетін кішкене сары түсті гүл.*

**МҰЗСҮҢГІ** з а т . *Альпинистер таяғы, мұзжарғыш құрал.*

**МҰЗСЫЗ** с ы н . <ағыл. iceberg> *Мұзы жоқ, мұз қатпаған.*

**МҰЗТАУ** з а т . *Мұхит пен теңізде жүзіп жүретін немесе қайырлап шөккен аса ірі мұз кесегі, айсберг.*

**МҰЗТЕГІСТЕГІШ** з а т . *Конькимен сырғанайтын жолдардың бетін тегістеуге арналған жабдық.*

**МҰЗТӨБЕ** з а т . *Шанамен сырғанап төмен түсетін жер.*

**МҰЗХАНА** з а т . *Мұз сақтау үшін жерден терең етіп қазылып жасалған орын (жай).*

**МҰЗША** ү с т . *Мұз сияқты, мұзға ұқсап.*

**МҰЗШЫҚ** з а т . *Мұзбен астасып кеткен жылтыр мұз қиыршықтары мен ірі қар түйіршіктерінің қардың бетіне жиналған көлемді бөлігі.*

**МҰЙЫҚ** з а т . э т н . *Қойдың иленген терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген аяқкиім.*

**МҰҚА[1]=** е т. *Біреудің мінін, кемшілігін кекесінмен айту; кекеу, қағыту, мұқату.*

**МҰҚА[2]=** е т. *Жаны жасу, мою; беті қайту.*

**МҰҚАБА** з а т . б а с п а . *Кітаптың, дәптердің сыртқы қалың қабы, тысы; кітап сыртын қаптауға арналған полиграфиялық материал.*

**МҰҚАБАЛА=** е т. *Кітапты, дәптерді қаптау, тыстау.*

**МҰҚАБАЛАТ=** е т. *Кітапты, дәптерді, қаптату, тыстату.*

**МҰҚАБАЛАТУ** *Мұқабалат етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАБАЛАУ** *Мұқабала етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАБАЛЫ** с ы н . *Мұқабасы бар, тысталған.*

**МҰҚАБАСЫЗ** с ы н . *Мұқабасы жоқ, тысталмаған.*

**МҰҚАБАШЫ** з а т . *Кітап қаптаушы, тыстаушы.*

**МҰҚАДДАС** з а т . д і н и . *Қаділі, қасиетті.*

**МҰҚАЛ[1]=** е т. **1.** *Бір нәрсенің жүзі майырылу, тұқылдану.* **2.** а у ы с . *Сағы сыну, беті қайту.* **3.** а у ы с . *Азап шегу, қиналу.* **4.** а у ы с . *Азаю, кему.*

**МҰҚАЛМАС** с ы н . *Жаны жасымайтын, мойымайтын, алған бетінен қайтпайтын.*

**МҰҚАЛТ =** е т. **1.** *Бір нәрсенің жүзін майырылту, тұқылдандыру.* **2.** а у ы с . *Қинау, азап шектіру.* **3.** а у ы с . *Сағын сындыру, бетін қайтару, жанын жасыту.*

**МҰҚАЛТУ** *Мұқалт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің жүзін майырылту, тұқылдандыру.* **2.** а у ы с . *Сағын сындыру, жігерін жасыту.*

**МҰҚАЛУ** *Мұқал етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір нәрсенің жүзі майырылу, тұқылдану.* **2.** а у ы с . *Сағы сыну, жігері жасу.*

**МҰҚАЛЫҢҚЫ** с ы н . *Жаны жасыңқыраған, мойыңқыраған.*

**МҰҚАЛЫҢҚЫРА=** е т. *Мұқала түсу, беті қайтыңқырау.*

**МҰҚАЛЫҢҚЫРАУ** *Мұқалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАМ** з а т . ә д е б . *Әзірбайжан, тәжік, өзбек, ұйғыр фольклорының дәстүрлі жанры, мақамы.*

**МҰҚАМДА=** е т. *Ырғақтап, сазды етіп, мәнерлеп айту.*

**МҰҚАМДЫ** с ы н . *Ырғақты, мәнерлі, үнді.*

**МҰҚАМШЫ** з а т . ә д е б . *Мақамшы, мәнерлеп айтушы.*

**МҰҚАҢҚЫРА=** е т. *Аздап мұқау, сәл-пәл мұқай түсу.*

**МҰҚАС=** е т. *Біреудің мінін айтып қосыла кекесін айтысу, қағытысу.*

**МҰҚАТ=** е т. **1.** *Біреудің мінін айтып кекету, кемсіту.* **2.** *Кедергі келтіру, аяқтан шалу.* **3.** *Бетін қайтару, тойтару.*

**МҰҚАТҚАНСЫ=** е т. *Өзінше мұқатқан болу, мұқаттым деп ойлау.*

**МҰҚАТҚЫШ** сын. *Мұқата бергіш, кекеткіш.*

**МҰҚАТТЫР=** ет. *Біреудің мінін айтқызып кекеттіру, кемсіттіру.*

**МҰҚАТТЫРУ** *Мұқаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАТУ** *Мұқат етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАТУШЫ** зат. *Мұқатқан адам; кекетуші.*

**МҰҚАТУШЫЛЫҚ** зат. *Мұқатқандық, кекеткендік.*

**МҰҚАТЫЛ=** ет. *Міні айтылып кемсітілу, кекетілу.*

**МҰҚАТЫЛУ** *Мұқатыл етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАТЫҢҚЫРА=** ет. *Мұқата беру, мұқата түсу.*

**МҰҚАТЫС=** ет. *Біреудің мінін айтып қосыла кекетісу, қағытысу.*

**МҰҚАТЫСУ** *Мұқатыс етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚАУ** *Мұқа етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚИЯТ** [ар. محتيط] сын. *Мәселенің ежей-тегжейіне барынша тыңғылықты қарайтын, ұқыпты, тиянақты.*

**Мұқият болды**. а) *Сақ, пысық, берік болды.* ә) *Ұқыпты, тиянақты болды.*

**МҰҚИЯТСЫЗ** сын. *Ұқыпсыз, тиянақсыз.*

**МҰҚИЯТСЫЗДЫҚ** зат. *Ұқыпсыздық, тыңғылықсыздық.*

**МҰҚИЯТТА=** ет. *Ұқыптау, құнттау.*

**МҰҚИЯТТАТ=** ет. *Ұқыптату, құнттату.*

**МҰҚИЯТТАУ**[1] сын. *Мәселеге ұқыптырақ, тиянақтырақ қарайтын.*

**МҰҚИЯТТАУ**[2] *Мұқиятта етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚИЯТТЫ** сын. сөйл. *Ұқыпты, тиянақты, тыңғылықты.*

**МҰҚИЯТТЫҚ** зат. сөйл. ***Мұқияттылық.***

**МҰҚИЯТТЫЛЫҚ** зат. *Мұқият болушылық, ұқыптылық, сақтық, тиянақтылық.*

**МҰҚТАЖ** [ар. محتاج] зат. **1.** *Қажет, ділгір, зәру.* **2.** ауыс. *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай, зәру адамдар.*

**Мұқтаж болды.** а) *Зәру болды, тапшылық, жоқшылық көрді.* ә) *Мәжбүр болды, амалы қалмады.* **Мұқтаж қылды.** *Ділгір қылды, зәру етті.*

**МҰҚТАЖДАН=** ет. *Бір нәрсені қажетсіну, бірдемеге ділгір болу.*

**МҰҚТАЖДАНДЫР=** ет. *Нәрсені қажетсіндіру, бірдемеге ділгір еткізу.*

**МҰҚТАЖДАНУ** *Мұқтаждан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚТАЖДЫҚ** зат. **1.** *Керекті, қажет заттарға зәру болушылық, ділгірлік.* **2.** *Қажеттілік.*

**МҰҚТАЖСЫЗ** сын. *Мұқтажы жоқ, ділгір емес.*

**МҰҚТАЖСЫЗДЫҚ** зат. *Мұқтажсыз болушылық, мұқтажы жоқтық, қажетсіздік, зәрусіздік.*

**МҰҚТАЖЫРАҚ** сын. *Ділгірлеу, қажетірек.*

**МҰҚТАСАР** [ар. مختصر] зат. **1.** діни. *Құраннан кейінгі шариғат ережелері толық жазылған діни кітап.* **2.** жерг. *Қорытынды, негізгі түйіні.*

**МҰҚША=** ет. жерг. *Тәптіштеу.*

**МҰҚШАҒЫШ** сын. *Тәптіштегіш.*

**МҰҚШАУ** *Мұқша етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚЫҚ** зат. *Кемістік, олқылық.*

**МҰҚЫЛ**[1] сын. **1.** *Кертік, доғал; үшкір емес.* **2.** *Тоқал, мүйізсіз.*

**МҰҚЫЛ**[2] сын. сөйл. ***Мұқым.***

**МҰҚЫЛАС** үст. жерг. *Біржолата, мүлде.*

**МҰҚЫЛДАН=** ет. **1.** *Ұшы қайту, доғалдану.* **2.** ауыс. *Дөрекі сөйлеу мағынасында.*

**МҰҚЫЛДАНУ** *Мұқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҚЫЛДАУ** сын. *Доғалдау, мұқылырақ.*

**МҰҚЫЛДЫҚ** зат. *Мұқыл болушылық, үшкір еместік, доғалдық.*

**МҰҚЫЛЫМ** үст. сөйл. ***Мұқым.***

**МҰҚЫМ**[1] [ар. مقيم] үст. *Біржола, мүлдем, тіптен.*

**МҰҚЫМ**[2] [ар. مقيم] есім. *Бүкіл, күллі, барлық, түгел.*

**Мұқым қазақ баласы.** *Күллі қазақ жұрты.*

**МҰҚЫМ**[3] сын. *Мықты, биік.*

**Мұқым бол.** *Берік, бекем; сақ бол деген мағынада.*

**МҰҚЫМ**[4] үст. жерг. *Тіптен, тегі.*

**МҰҚЫМСЫ=** ет. *Мықтысыну, биіксіну, тәкаппарлану.*

**МҰҚЫР** сын. жерг. *Тұқыл, тоқал.*

**МҰҚЫРТ=** ет. *Тұқылдау, тұқырту.*

**МҰЛҒЫН** сын. сөйл. ***Малғұн.***

**МҰЛТЫМ: мұлтым бар**. *Қапыда қалдым, қателестім деген мағынада.*

**МҰНАДИ** зат. ескікіт. *Жар салушы, хабарлаушы.*

**МҰНАЖАТ** зат. сөйл. ***Мінажат.***

**МҰНАЗАР** [ар. مناظرة] зат. кіт. *Жарыссөз, айтысушылық, диспут.*

**МҰНАЙ** зат. тех. <түрк. neft>*Түрлі жағармайлар алынатын, қара түсті, сұйық табиғи шикізат; суда ерімейтін, қара қоңыр түсті, өзіне тән иісі бар, май тәрізді қоймалжың, сұйық жанғыш қазба байлық; көмірсутектердің әртүрлі кластарының күрделі қоспасы.*

**Мұнай газдары.** *Мұнаймен бірге кездесетін және одан сепараттау кезінде бөлінетін көмірсутек газдары.* **Мұнай геохимиясы.** *Мұнай геологиясының практикалық мәселелерді шешуге арналған химиялық зерттеумен айналысатын тарауы.* **Мұнай гидрогеологиясы.** *Жалпы гидрогеология ғылымының мұнай және газбен әрдайым бірге жүретін жерасты суларын жан-жақты зерттейтін қолданбалы саласы.* **Мұнай қашты.** *Мұнай ауды, тартылды.* **Мұнай өнеркәсібі**. *Экономиканың мұнай өндіру және өңдеу ісімен айналысатын саласы.* **Мұнай өнімдері**. *Көмірсутектер мен олардың туындыларының қоспасы; мұнай мен мұнай газдарынан алынатын жеке химиялық қосылыстар.* **Мұнай өнімдерінің тотығуы**. хим. *Мұнай өнімдерінің молекулалы оттекпен тотығу процесі (автототығу).* **Мұнай сулары**. *Жер қыртысының мұнайлы горизонттарындағы жерасты сулары.* **Мұнай химиясы.** *Химияның мұнай және табиғи газ құраушыларының құрамын, қасиеттерін және химиялық өзгерістері мен оларды өңдеу процестерін зерттейтін саласы.*

**МҰНАЙ-ГАЗ** зат. *Мұнай және газ саласы.*

**МҰНАЙДАЙ** сын. *Мұнай сияқты, мұнай тәрізді.*

**МҰНАЙҚҰБЫР** зат. көлік. *Мұнайды және оның өнімдерін тасымалдауға арналған құбыр желісі.*

**МҰНАЙЛЫ** сын. *Мұнайға бай, мұнай шығатын (өлке, жер).*

**МҰНАЙЛЫҚ** сын. *Мұнайға қатысты, соған тән.*

**МҰНАЙЛЫЛЫҚ** зат. *Мұнай шығу мөлшері, мұнайы барлық.*

**МҰНАЙСТАН** зат. сөйл. *Мұнайлы алқап, мұнайы мол өлке.*

**МҰНАЙСЫЗ** сын. **1.** *Мұнайы жоқ, мұнай араласпаған.* **2.** *Мұнай болмайынша.*

**МҰНАЙСАҚТАҒЫШ** зат. *Мұнай мен мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлар жүйесі.*

**МҰНАЙҰСТАҒЫШ** зат. *Ағынды сулардан мұнайды және мұнай өнімдерін бөлуге арналған тұндырғыш.*

**МҰНАЙХИМИЯ** зат. *Мұнайдың қасиеттерін, оны өңдеу әдістерін, мұнайдан алынатын өнімдердің қасиеттерін зерттейтін химияның бөлімі.*

**МҰНАЙШЫ** зат. *Мұнай шығарушы, мұнай өндіру ісімен шұғылданушы маман.*

**МҰНАЙШЫЛЫҚ** зат. *Мұнайшы болушылық, мұнай өндірумен айналысушылық.*

**МҰНАН** есім. **1.** *Осыдан, осы межеден; бұдан.* **2.** *Бұл жерден, осы арадан.*

**Мұнан басқа.** *Осыдан бөтен, сонымен бірге.* **Мұнан былай [бұлай, кейін].** *Ендігәрі, ендігі жерде.* **Мұнан былайда.** *Алдағы уақытта, осыдан кейін.* **Мұнан бұрын**. *Бұдан бұрын, осыған дейін.* **Мұнан да.** *Бұдан гөрі, бұлай болғаннан гөрі.* **Мұнан салып онан шықты.** *Қайтпады, тайсалмады.*

**МҰНАПАС** [ар. منافس] сын. ескікіт. *Күндес, бәсекешіл.*

**МҰНАР** [ар. منار] зат. экол. *Ауа құрамында қатты бөлшектердің (түтін, шаң-тозаң бөлшектері т.б.) көптеп болуы салдарынан атмосфераның төменгі қабаттарының буалдыр тартуы. // Бұлыңғыр, күңгірт.*

**Мұнар басты.** *Мұнарланды, күңгірттенді.* **Мұнар да, мұнар, мұнар күн.** поэт. *Ауыртпалық басқан жайсыз шақты суреттеуде кездесетін сөзқолданыс; қайғылы, қаралы күн, ауыртпалығы мол, қиын-қыстау шақ.* **Мұнар жамылды [мұнарға малынды].** *Мұнар басып, күн райы ашылмады.* **Мұнар қайғы.** *Еңсені көтертпейтін қалың қайғы.* **Мұнар тартты [шалды, торлады, түтты].** *Бұлыңғырланды, бұлдырланды, күңгірттенді.* **Мұнар тұнды**. *Тұман басты.*

**МҰНАР=** ет. *Мұнар басу, мұнарту.*

**МҰНАРА** [ар. منارة] зат. **1.** діни. *Мешіттің мұсылмандарды намазға шақыруға арналған биік күмбезі.* **2.** *Биіктігі еніне қарағанда бірнеше есе артық мөлшерде тік цилиндр түрінде жасалған сәулеттік құрылыс.* **3.** әск. *Барлау, қорғаныштық мақсатта биік етіп тұрғызылған әскери күзет қондырғысы.* **4.** ауыс. *Үлкен, зор, алып, майталман.* **5.** ауыс. *Биік белес, атқарылған үлкен іс, абырой-атақ, мәртебелі кәсіп.* **6.** ауыс. *Биік үй, ғимарат.*

**МҰНАРАДАЙ** сын. *Мұнара сияқты биік.*

**МҰНАРАЛЫ** сын. *Мұнарасы бар, мұнара салынған.*

**МҰНАРАШЫ** зат. *Мұнара салушы*

**МҰНАРАШЫҚ** зат. *Кішкентай мұнара, қарауыл орны.*

**МҰНАРДАЙ** сын. **1.** *Мұнар сияқты, мұнар тәрізді.* **2.** ауыс. *Бұлдыр, бұлыңғыр, көмескі.*

**МҰНАРЛА=** ет. *Буалдыр тарту, күңгірттену.*

**МҰНАРЛАН=** ет. **1.** *Мұнар басу, буалдырлану, күңгірттену.* **2.** *Қарауыту, еміс-еміс көріну.*

**МҰНАРЛАНДЫР=** ет. *Мұнар бастырту, күңгірттендіру.*

**МҰНАРЛАНДЫРУ** *Мұнарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНАРЛАНУ** *Мұнарлан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНАРЛАТ=** ет. *Буалдыр тарттыру, күңгірттендіру.*

**МҰНАРЛАТУ** *Мұнарлат етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНАРЛАУ**[1] сын. **1.** *Күңгірттеу, буалдырлау.*

**МҰНАРЛАУ**[2] *Мұнарла етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНАРЛЫ** сын. *Мұнартқан, мұнар басқан.*

**МҰНАРЛЫҚ** зат. *Мұнар болушылық.*

**МҰНАРСЫЗ** сын. **1.** *Мұнартпаған, бұлыңғыр емес, мұнар баспаған, анық.* **2.** ауыс. *Анық, таза.*

**МҰНАРТ=** ет. **1.** *Буалдырлану, күңгірттену.* **2.** *Түк көрінбей шаңғу, шаңы көтерілу.* **3.** *Көзі қарауыту, бұлдырау.* **4.** ауыс. *Көңілі бұзылу, түнжырау, қапалану.*

**МҰНАРТУ** *Мұнарт етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНАРТЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап мұнарту, мұнарта түсу.*

**МҰНАСИБ** зат. ескі кіт. *Еп, ыңғай. // Үйлесімді, ыңғайлы, қолайлы, лайық.*

**МҰНАСЫ=** ет. сөйл. *Ұласу, жалғасу.*

**МҰНАУРАТ=** ет. сөйл. ***Мұнарлат.***

**МҰНАФЫҚ** [ар. منافق] зат. ескікіт. *Сөзі бір басқа, ісі бір басқа, екіжүзді. //Екіжүзділік, арамзалық. //Екіжүзді, сөзі мен ісі үйлеспейтін адам.*

**МҰНАФЫҚТЫҚ** зат. ескі кіт. *Мұнафық болушылық, екіжүзділік.*

**МҰНДА** үст. **1.** *Осында, бұл жерде; мұнда.* **2.** *Осы араға, бұл жерге.*

**МҰНДАҒЫ** үст. *Осындағы, бұндағы, бұл жердегі.*

**МҰНДАЙ** сын. **1.** *Бұл сияқты, дәл осындай, бұндай.* **2.** *Осыншалық.*

**Мұндай қоқайдың талайын көрген.** *Небір сұмдықтарды көріп, еті үйренген (адам, мал туралы айтылады).*

**МҰНДАЙДА** үст. *Мұндай кезде, осындай жағдайда.*

**МҰНДАЙЛЫҚ** сын. *Осыншалық, бұл сияқты, дәл осындай.*

**МҰНДАЛА=** ет. **1.** сөйл. *«Мұнда, мұнда» деп айту.* **2.** ауыс. *Көз тарту, өзіне тартып, еліктіру.*

**МҰНДАР**[1] [ир. مردار] сын. **1.** *Адамгершілік арынан жұрдай болған, оңбаған, қу, сұм.* **2.** *Бейшара, мүсәпір, сорлы.*

**Мұндар қу бас.** экспр. *Халық мұңын ескермей, соқа бастың ғана қамын ойлаған қаныпезер.* **Мұндар таз.** экспр. жағымсыз. *Антұрған, оңбаған.*

**МҰНСЫЗ** үст. *Онсыз, бұлсыз; белгілі бір зат болмайынша.*

**МҰНТАЗДА=** ет. *Тап-таза ету, тап-түйнақтай қылу.*

**МҰНТАЗДАЙ** сын. *Тап-таза, кіршіксіз.*

**Мұнтаздай таза.** *Тіптен таза, кір шалмаған.*

**МҰНТАЗДАН=** ет. *Кірінен арылу, тазалану.*

**МҰНТАЗДАНУ** *Мұнтаздан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰНША** үст. *Осынша, сонша; бұнша.*

**МҰНШАЛЫҚ** зат. *Осыншалық, соншалық; тым, көп.*

**МҰНШАЛЫҚТЫ** сын. *Осыншалықты, соншалықты.*

**МҰНШАМА** үст. *Осыншама, соншама.*

**МҰНЫ** есім. *Бұны, осыны.*

**Мұның өзі.** *Кішкентай, болмашы нәрсенің маңыздылығы туралы айтқанда қолданылатын сөз.*

**МҰНЫСЫ** зат. *Осынысы, осысы.*

**МҰҢ** зат. **1.** *Қайғы, шер, қасірет.* **2.** ауыс. *Қиын мехнат, азап; екіталай.* **3.** ауыс. *Ой, қиял.* **4.** ауыс. *Зарлы, шерлі (дауыс).* **5.** ауыс. *Арман-тілегі, мақсат-мұраты.*

**Мұң артты.** *Уайым-қайғы шеккізді.* **Мұң атты.** *Қайғырды, мұңға берілді.* **Мұң ашар.** *Мұңын айтар, сырын шертер (адам, дос).* **Мұң ашты.** *Мұңын айтты, сырын шертті.* **Мұң басты [толды, жайлады, торлады].** *Қайғы-қасірет, уайым-шер шекті, күйзелді.* **Мұң биледі.** *Мұңайды, мұңға батты.* **Мұң болды.** *Қиын болды, зар болды.* **Мұңға батты.** ә) *Қайғы-қасірет, уайым-қайғы жеді, күйзелді, шерленді.* ә) *Қиыншылық көрді, азап шекті.* **Мұңға батырды.** *Уайым-қайғы шектірді, мұңайтты.* **Мұңға берілді.** *Уайым-қайғыға түсті, мұңайды.* **Мұңға бөледі.** *Қапаландырды, торықтырды, мұңайтты.* **Мұңға көмілді [шомылды, берілді].** *Қайғы-қасірет шекті, уайым-қайғыдан бас көтере алмады, мұңға батты.* **Мұңға қамады.** *Уайым, қайғы басты.* **Мұңға салды.** *Уайым-қайғы жегізді, қайғы-мұңға түсірді.* **Мұңға шалдырды.** *Мұңайтты, уайым-қайғыға салды.* **Мұңға шомылды.** *Мұңайды, мұңға берілді.* **Мұң екен.** *Бірдемені күтіп отырғандай, іле-шала, артынша.* **Мұң табы.** *Қайғы-қасірет белгісі, нышаны.* **Мұң шекті.** *Қиналды, мұңға батты.* **Мұңын жоқтады.** *Қайғысына ортақтасты, мұңын мұңдады.* **Мұңын өшірді.** бейн. *Мұңайғанын қойды, мұңынан арылды.* **Мұңын мұңдады.** *Біреудің қайғысына, қасіретіне ортақтаса қайғырды.* **Мұңын мұңдап, жырын жырлады [жоғын жоқтады].** *Қайғысына қайғырды, қуанышына ортақтасты.* **Мұңын тарқатты.** *Көрген қиыншылығын, қайғы-қасіретін айтып, көңілдегі шерін көтерді.* **Мұңын шақты [шертті].** *Біреуге өзінің жеке басының уайым-қайғысын білдірді, зарын айтты.*

**МҰҢАЙ=** ет. *Бірдемеге қайғыру, қапалану, уайымдау, мою.*

**МҰҢАЙҒЫШ** сын. *Қайғырғыш, уайымдағыш, уайымшыл.*

**МҰҢАЙМАС** сын. *Қайғы-қасіретке берілмейтін, қайратты, жігерлі.*

**МҰҢАЙТ=** ет. **1.** *Уайымдату, қапаландыру, қайғырту.* **2.** *Көңілін қалдыру, кеуіліне тию, ренжіту.*

**МҰҢАЙТУ** *Мұңайт етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢАЙЫМШЫЛ** сын. сөйл. ***Мұңайғыш.***

**МҰҢАЙЫҢҚЫ** сын. *Сәл-пәл мұңайған, мұңдылау.*

**МҰҢАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл-пәл мұңаю, мұңая түсу.*

**МҰҢАЙЫП-ЖАБЫҚ=** ет. *Мұңға батып қайғыру, жабығу.*

**МҰҢАЙЫС** зат. *Мұңаюшылық, мұңдылық. // Мұңды, мұңға батқан.*

**МҰҢАЙЫС=** ет. *Қосыла уайымдап мою, қапа болысу, қайғырысу.*

**МҰҢАЙЫСУ** *Мұңайыс етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢ-АРМАН** зат. *Арман-тілегі.*

**МҰҢАСА** зат. жерг. ***Мұң.***

**МҰҢАЮ** *Мұңай етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢАЮЛЫ** сын. *Мұңға батқан, мұңайған.*

**МҰҢАЮШЫЛЫҚ** зат. *Мұңайғандық, қапаланушылық, қайғырушылық.*

**МҰҢҒИЫҚ** сын. жерг. *Көп нәрсені білмейтін, момын, қараңғы.*

**МҰҢҒЫЛ**[1] сын. *Дым білмес, түлей, мигұла.*

**МҰҢҒЫЛ**[2] зат. сөйл. ***Моңғол.***

**МҰҢҒЫЛА** сын. сөйл. *Мигұла, ақымақ.*

**МҰҢДА=** ет. *Қамын ойлау, жоғын жоқтау, қамқорлық жасау.*

**МҰҢДАҚ** зат. *Мұңды, шерлі адам.*

**МҰҢДАН=** ет. *Мұңаю, қапалану, қайғыру.*

**МҰҢДАНДЫР=** ет. *Мұңайттыру, мұңға батыру, қайғырту, қапаландыру.*

**МҰҢДАНДЫРУ** *Мұңдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢДАНТ=** ет. сөйл. *Мұңдандыр.*

**МҰҢДАНУ** *Мұңдан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢДАР**[1] сын. *Қайғысына қайғыратын, қуанышына ортақтасатын.*

**МҰҢДАР**[2] сын. сөйл. ***Мұндар.***

**МҰҢДАС** сын. *Бір-бірінің уайым-қайғысы да, қуанышы да ортақ; сырлас, пікірлес. // Мұңдас, сырлас адамдар.*

**МҰҢДАС=** ет. *Біріне-бірі мұңын шағысу, сырласу.*

**МҰҢДАСТАУ** сын. *Әжептәуір мұңдас, әжептәуір сырлас.*

**МҰҢДАСТЫҚ** зат. *Мұңдас болушылық, сырластық, пікірлестік.*

**МҰҢДАСТЫР=** ет. *Біріне-бірін мұңын шағыстыру, сырластыру.*

**МҰҢДАСУ** *Мұңдас етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢДАТ=** ет. *Қамықтыру, уайымдату.*

**МҰҢДАУ** *Мұңда етістігінің қимыл атауы.*

**МҰҢДЫ** сын. *Қайғылы, шерлі, зарлы. // Қапа болған, шерлі адам.*

**МҰҢДЫ-ЗАРЛЫ** сын. *Қайғылы, қасіретті.*

**МҰҢДЫҚ** зат. *Қайғылы, шерлі адам.*

**МҰҢДЫЛАУ** сын. *Қайғылылау, шерлілеу.*

**МҰҢДЫЛЫҚ** зат. *Мұңды болушылық, шерлілік, зарлылық.*

**МҰҢДЫРАҚ** сын. *Мұңдылау, зарлылау, шерлілеу.*

**МҰҢ-ЗАР** зат. *Қайғы-қасірет, мұң-мехнат, шер.*

**МҰҢ-КҮЙІК** зат. *Мұң-зар, мұң-шер.*

**МҰҢ-ҚАЙҒЫ** зат. *Мұң-зар, мұң-шер.*

**МҰҢ-ҚАСІРЕТ** зат. *Мұң-зар, уайым-қайғы.*

**МҰҢ-ҚАЯУ** зат. *Мұң-зар, зар-зала.*

**МҰҢ-ҚҰСА** зат. *Мұң-қасірет, мұң-зар, уайым-қайғы.*

**МҰҢЛА=** ет. сөйл. ***Мұңда.***

**МҰҢЛАН=** ет. сөйл. ***Мұңдан.***

**МҰҢЛАС** сын. сөйл. ***Мұңдас***[1].

**МҰҢЛАС=** ет. сөйл. ***Мұңдас***[2].

**МҰҢЛЫ**[1] сын. сөйл. ***Мұңды.*** **1.** *Қайғылы, шерлі.* **2.** *Жүзі солғын, қабағы түсіңкі.* **3.** *Зарлы. // Қайғырып, қасірет шеккен адам.* **4.** ауыс. *Ел қамын ойлаған.* **5.** ауыс. *Түнерген, түнжыраған.*

**Мұңлы көзбен қарады.** *Мұңая қарады, мұңдана көз тікті.*

**МҰҢЛЫ-ЗАРЛЫ** сын. сөйл. ***Мұңды-зарлы.***

**МҰҢЛЫҚ** зат. сөйл. ***Мұңдық.***

**МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ** сын. сөйл. *Мұңды-зарлы.*

**МҰҢЛЫҚТЫҚ** зат. сөйл. *Мұңдылық.*

**МҰҢЛЫЛАУ** сын. сөйл. ***Мұңдылау.***

**МҰҢЛЫ-ШЕРЛІ** сын. сөйл. ***Мұңды-шерлі.***

**МҰҢ-МҰДДЫҒА** зат. *Мұң-зар, мұң-мұдде.*

**МҰҢ-МҰҚТАЖ** зат. *Талап-тілек, зәру бұйым; жоқ-жітік.*

**МҰҢ-МҰҚТАЖДЫҚ** зат. *Қажеттілік, зәрулік; жоқ-жітіктік.*

**МҰҢ-МҰҢАЙЫС** зат. *Мұң-мұқтаж, арман-тілек.*

**МҰҢ-МҰДДЕ** зат. *Өтініш-тілек, арыз-арман.*

**МҰҢ-НАЛА** зат. *Қайғы-қасірет, шер-шемен, мұң-зар, арыз.*

**МҰҢСЫЗ** сын. **1.** *Қайғысыз, уайымсыз; төрт құбыласы тең.* **2.** ауыс. *Пәк, таза, кіршіксіз.*

**МҰҢСЫЗДЫҚ** зат. *Мұңсыз болушылық, мұңы жоқтық, қайғысыздық.*

**МҰҢСЫЗ-ҚАМСЫЗ** сын. *Төрт құбыласы түгел, еш уайымы жоқ.*

**МҰҢ-СЫР** зат. *Қайғы-зар, мұң-шер.*

**МҰҢ-ШЕР** зат. *Қайғы-зар, зар-зала, уайым-қайғы.*

**Мұң-шер өлеңдері.** әдеб. *Естірту, қоштасу, жоқтау, көңіл айту сияқты қайғылы сарындағы ғұрыптық өлең-жырлар.*

**МҰҢ-ШЕРЛІ** сын. *Зар-залаға, қайғы-мұңға толы.*

**МҰҢШЫЛ** сын. *Мұңайғыш, уайымшыл.*

**МҰҢШЫЛЫҚ** зат. сөйл. *Мұң-шер.*

**МҰП-МҰҒАЛ** сын. *Доп-доғал.*

**МҰП-МҰЗДАЙ** сын. *Сұп-суық, тастай.*

**МҰП-МҰНТАЗДАЙ** сын. *Тап-таза, жып-жинақы.*

**МҰПТАЛА** зат. **1.** *Қайғыға, азапқа түсуші, таңғалушы.* **2.** *Басыбайлы, тәуелді.*

**МҰР** [ир. موری] зат. кіт. *Су ағызу үшін күйдірілген саздан жасалған құбыр, труба.*

**МҰРА** зат. **1.** *Әке-шешеден балаға қалған дүние-мүлік, мирас т. б. заттар.* **2.** *Ежелден келе жатқан мәдениет, салт-сана, дәстүр нұсқалары; сондай-ақ жеке адамдардың кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегелі еңбегі.* **3.** ауыс. *Мұрагер, жалғастырушы, таратушы.*

**Мұра қалды.** *Атадан балаға мирас болды.* **Мұра қалдырды**. *Кейінгі ұрпаққа пайдалы дүние тастап кетті, мирас қылды.* **Мұра қылды**. *Мұра етті, атадан балаға, кейінгі ұрпаққа мирас етті.*

**МҰРАГЕР** зат. **1.** *Өзінен бұрынғы кісінің артында қалған дүниесіне ие болушы, мирасқор.* **2.** *Белгілі бір істі, өнерді т.б. жалғастырушы, дамытушы, өнегелі жолды қуушы.* **3.** ауыс. *Бала, ұрпақ.*

**МҰРАГЕРДЕЙ** сын. *Мұрагер сияқты, мұрагер тәрізді.*

**МҰРАГЕРЛІК** зат. *Мұрагер болушылық, атадан дүниеге ие болушылық, мирасқорлық. //Қайтыс болған адамның мүлкі мен мүліктік құқықтарының мұрагерге ауысуы.*

**МҰРАГЕРСІЗ** сын. *Мұрагері жоқ, мұрагері болмаған.*

**МҰРАГЕРСІЗДІК** зат. *Мұрагері жоқтық, ұрпақсыздық.*

**МҰРАҒАТ** зат. **1.** *Ескірген құжаттарды сақтайтын мекеме; архив.* **2.** *Жеке адамдарда сақталған қолжазба, жадығат, хат-хабарлар жиынтығы.*

**МҰРАҒАТЖАЙ** зат. жаңа. *Жеке тұлғаның, мекеменің немесе ұйымның қызметіне қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, фотосуреттерді, т.б. жинақтап сақтаумен айналысатын мекеме немесе осы материалдық деректер сақталған орын.*

**МҰРАҒАТТАНУ** зат. *Мұрағаттарды зерттеумен шұғылданатын сола.*

**МҰРАҒАТТАНУЛЫҚ** сын. *Мұрағаттануға қатысты, мкрағаттанумен байланысты.*

**МҰРАҒАТШЫ** зат. <лат. archivist> *Ескірген құжаттарды сақтайтын мекеме қызметкері.*

**МҰРАҒОР** сын. сөйл. ***Мұрагер.***

**МҰРАЖАЙ** зат. **1.** *Әртүрлі жадығаттық зат пен бұйымдарды жинап жүйелеп, олардан көрме ұйымдастырумен айналысатын мәдени мекеме, музей.* **2.** *Сол мекеме орналасқан ғимарат.*

**МҰРАЖАЙЛАНДЫР=** ет. *Түрлі жадығат пен бұйымдарды мұражайға орналастыру.*

**МҰРАЖАЙЛАНДЫРУ** *Мұражайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРАЖАЙЛАНДЫРУ** *Мұражайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРАҚ** зат. этн. *Хан, сұлтандар киетін қалпақ.*

**МҰРАЛА=** ет. **1.** *Қайтыс болған адамның мүлкінің оның мұрагерлеріне өтуі.* **2.** *Иелену, жолын қуу.*

**МҰРАЛАН=** ет. *Еге болу, иелену, мұрагер болу.*

**МҰРАЛАНУ** *Мұралан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРАЛАУ** *Мұрала етістігінің қимыл атауы; өзіне мұра ету, ие болу.*

**МҰРАЛЫ** сын. *Мұраға ие, мұрасы бар.*

**МҰРАЛЫҚ** зат. *Мирас ретінде қалдырған зат; мұра болушылық.*

**МҰРАП** зат. *Егін суару ісін басқаратын адам, сушы, тоған басшысы.*

**МҰРАПА** зат. жерг. *Мақсат, мұрат, тілек.*

**МҰРАППА** зат. сөйл. ***Варенье.***

**МҰРАПСЫЗ** сын. *Мұрабы жоқ. //Мұрап болмайынша, мұраптың қатысынсыз.*

**МҰРАПТЫҚ** зат. *Мұрап болушылық, мұрап қызметін атқарушылық; егіске бөлінетін тоған суларын реттеуші адам, кәсіп.*

**МҰРАС** зат. сөйл. ***Мирас.***

**МҰРАСҚОР** зат. сөйл. ***Мирасқор.***

**МҰРАСТЫҚ** зат. сөйл. ***Мұрагерлік.***

**МҰРАТ** [ар. مراد] зат. **1.** *Алға қойған мақсат, арман, тілек.* **2.** *Адам бойындағы терең мақсатты, асыл арманды, үлгі-өнегені білдіретін ұғым.* **3.** *Ішкі ой, мақсат.* **4.** *Мүдде.*

**Мұрат етті [тұтты].** *Алдына мақсат етіп қойды.* **Мұрат тапты**. *Мұраты орындалды, тілегені болды, арманына жетті.* **Мұраты қасыл болды.** *Ойына алғаны орындалды, мақсаты орындалды.* **Мұраты мұң болды**. **Мұратына жеткізді**. *Ойға алған мақсатына, арманына жеткізді.* **Мұратына жетті**. *Дегені болып, арманына жетті, мақсаты орындалды.* **Мұратын биіктетті**. *Жоғары мақсат қойды.* **Мұратың еш бермесін**. қарғ. *Тілегі еш орындалмасын деген мағынада.* **Мұратыңа жет [жеткір].** тілек. *Дегеніңе жет, мақсатың орындалсын!* **Мұратың қабыл болсын.** алғыс. *Тілегің орындалсын деген мағынада.*

**МҰРАТКЕР** сын. *Мұратты, мақсатты, талапты.*

**МҰРАТ-МАҚСАТ** зат. *Алға қойған мұрат пен мақсат, арман-тілек.*

**МҰРАТ-МҮДДЕ** зат. сөйл. *Мұрат-мақсаты, арман-тілегі.*

**МҰРАТСЫЗ** сын. *Мұраты жоқ; мақсат-мүддесіз, арман-тілексіз.*

**МҰРАТСЫЗДЫҚ** зат. *Тілексіздік, мақсат-мүддесіздік.*

**МҰРАТТА=** ет. *Мұрат ету, мұрат қып иелену, мақсат қою.*

**МҰРАТТАЙ** сын. *Мұрат сияқты, мұрат тәрізді.*

**МҰРАТТАС** сын. *Тілегі бір армандас, мақсаттас.*

**МҰРАТТАС=** ет. *Мұрат қылысу, мұрат қып иеленісу.*

**МҰРАТТАСТЫҚ** зат. *Мұраттас, арман-мұраты бір болушылық, мақсаттастық.*

**МҰРАТТЫ** сын. *Армынды, мақсатты.*

**МҰРАТШЫЛ** сын. *Мақсатшыл, арманшыл.*

**МҰРАТШЫЛДЫҚ** зат. *Мұратшыл болушылық, мақсатшылдық, арманшылдық.*

**МҰРАШЫЛ** сын. *Ата-баба салтын берік ұстанушы, мұра жолын сақтаушы.*

**МҰРДАР** сын. көне. ескі кіт. *Өлексе.*

**МҰРЖА** зат. **1.** *Пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны; түтіндік.* **2.** *Алып зауыт, фабрика, пароход, паровоз, т. б. түтіндігі.*

**МҰРЖАЛЫ** сын. *Мұржасы бар, мұржа орнатылған.*

**МҰРЖАЛЫҚ** сын. *Мұржаға жарайтын.*

**МҰРЖАСЫЗ** сын. *Мұржасы жоқ, мұржа орнатылмаған.*

**МҰРНАҒЫ** үст. сөйл. **1.** *Үш жыл (күн) бұрынғы, одан арғы; бұрнағы.* **2.** *Баяғы, ескі уақыттағы.*

**МҰРСА** зат. сөйл. ***Мұрша.***

**МҰРСАЛ** зат. діни. ***Мұрсал пайғамбар.***

**Мұрсал пайғамбар.** діни. *Алладан Тәурәт, Інжіл, Зәбүр, Құран қасиетті кітаптар түскен мәртебесі жоғары пайғамбарлар.*

**МҰРСАТ** [ар. فرصت] зат. *Рұқсат, мүмкіндік, жағдай, еркіндік, қарсы болмаушылық.*

**Мұрсат берді**. *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады.* **Мұрсаты болмады**. жерг. *Мұршасы, мүмкіндігі болмады.* **Мұрсаты жоқ.** *Жағдайы жоқ.*

**МҰРСАТА** зат. сөйл. ***Мұрсатана.***

**МҰРСАТАНА** зат. *Мұрша, мұрсат.*

**МҰРТ** зат. **1.** *Ер адамдардың жоғарғы ернінің үстіне шығатын түк.* **2.** зоол. *Жан-жануар мен жәндіктердің сипап білу сезімінің қызметін атқаратын мүшесі.* **3.** ауыс. *Мұрт қойған адам деген мағынада.*

**Мұрт жару.** бот. *Дәнді дақыл тұқымының жер бетіне шығып, өскінге айналуы.* **Мұрт қойды.** *Мұрт өсірді, мұрт жіберді.* **Мұрт мінезді**. *Ұрт, дүңк етпе мінезі бар.* **Мұрт суағары**. *Мұрттың танау, желбезек қырының астындағы тұсы.* **Мұрт шықты**. *Есейді, ержетті.* **Мұрты бұзылмады**. *Азаймады, кемімеді.* **Мұрты едірейді.** *Ашу қысты, ызаланды.* **Мұрты қисаймады**. *Ештеңесі кетпеді, түгі құрымады.* **Мұртына күлкі үйірілді**. *Күлімсіреді, жымиды.* **Мұртынан [мұрт астынан] күлді [жымыңдады].** *Жай ғана күлімсіреді, мырс етті.* **Мұртына ұстара тиді.** *Ержетті, есейді, азамат болды.* **Мұртын балта кеспеді [шаппады].** а) *Ештеңесі кетпеді, түгі құрымады.* ә) *Ісі орнықты, шаруасы сай, дүниесі түгел болды.* **Мұртын басты**. а) *Сақал-мұртын түзеді.* ә) *Тігісін жатқызды.* **Мұртын қақты**. *Сөйлеуге оқталды.* **Мұртын майлады**. ә) *Аузын алды, құр алақан қалдырмады, бір нәрсе берді.* ә) *Ішіп-жегізді.* **Мұртын сылады**. *Мұртын сылап-сипап кербездеңді.* **Мұртын сындырды.** *Шетінен азайтты, шетінен тасып бітірді.* **Мұртын шақтырмады**. *Қол сұқтырмады, тигізбеді.* **Мұртын ширатты.** *Керілді, созылды, сәнденді.* **Мұртының астына жасырды**. *Іштей сықақ етті.* **Мұрты сынбады [кетілмеді, шағылмады].** *Орта түспеді, ештеңесі кетпеді.* **Мұрты тікірейді.** *Ашуға булықты, едірейді.* **Мұрты ұстара көрмеген**. *Тежеусіз, тыюсыз, еркін кеткен.*

**МҰРТАЗА** сын. діни. *Разы етілген.*

**МҰРТАТ** [ар. مرتد] сын. көне. ескі кіт. *Күпір, дінбұзар, діннен безген, опасыз.*

**МҰРТАША** зат. сөйл. ***Мұртша.***

**МҰРТСЫЗ** сын. *Мұрты жоқ, мұрт өспеген.*

**МҰРТТАЙ** сын. *Мұрт сияқты, мұрт тәрізді.*

**Мұрттай түсті.** а) *Жалп етіп құлады.* ә) *Кенет қатты ауырып қалды.* **Мұрттай ұшты.** а) *Жалп етіп құлады, сылқ етіп жығылды.* ә) *Қатты ауырып жатып қалды.* б) *Емтиханнан екілік алып, құлап қалды.* **Мұрттай ұшырды**. *Ұрып-жықты, жалпасынан түсірді.*

**МҰРТТАН=** е т. *Себілген тұқымның бүршік жарып, өсе бастауы, өскінге айналу.*

**Мысық мұрттанды**. *Дәнді дақыл өсіп, масақтанды.*

**МҰРТТАНУ** *Мұрттан етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРТТАС** с ы н . *Мұртынан аумайтын, мұртына ұқсас.*

**МҰРТТЫ** с ы н . *Мұрты бар, мұрт өскен.*

**МҰРТТЫҚ** з а т . *Мұрттың орны, мұрт өсетін жер.*

**МҰРТША** з а т . **1.** б о т . <лат. processus> *Бір нәрсеге жармасып өсу үшін өсімдік сабақтарында болатын кішкене өскін.* **2.** з о о л . *Кейбір жәндіктерде болатын кішірек сипап сезу мүшесі.*

**МҰРША** з а т . *Шама-шарық, күш, мүмкіндік.*

**Мұрша бермеді.** *Шама-шарқын келтірмеді, уақыт болмады.* **Мұрша жоқ.** *а) Әл жоқ, әлсіз, шамасы жоқ. ә) Қолы тимейді; уақыты аз.* **Мұршасы болмады**. *Уақыты, мүмкіндігі болмады, жағдайы келмеді.* **Мұршасы келмеді [жетпеді, жоқ].** *Уақыты келмеді, мүмкіндігі болмады.* **Мұршасы құрыды [қалмады].** *Әл-қуаты таусылды, шаршады.*

**МҰРШАСЫЗ** с ы н . *Мұршасы жоқ, шарасыз.*

**МҰРШАСЫЗДЫҚ** з а т . *Шама-шарқы жоқтық, шарасыздық.*

**МҰРЫН** з а т . <лат. nasus> а н а т . *Адам мен жан-жануардың дем алатын және иіс сезетін мүшесі.*

**Мұрны бітті**. *Суық тиіп, қабынып, мұрын қуыстары бітеліп, ауа дұрыс жүрмей, тыныс ала алмай қалды.* **Мұрны қанап жатқан жоқ.** *Қиналатындай, зорығатындай іс тындырып жатқан жоқ.* **Мұрны қышыды**. *Бір нәрседен дәме етті.* **Мұрнымды [шорт] кесіп берейін**. *Осылай болатынына күмәнім жоқ, дәл солай деп қарғану мәніндегі сөз.* **Мұрнына жылдың исі келгендей.** *Көп ұйықтайтын, керенау.* **Мұрнына есекқұрт түсіп қапты**. к е к е с і н . *Байып, болып-толып, паңданып жатыр.* **Мұрнына жел түсті**. *Самал деп аталатын аурумен ауырды.* **Мұрнына исі келмеді [бармады]**. *Ештеңеден хабары жоқ, дәнеңе білмеді, түсінбеді, сезбеді.* **Мұрнынан кетпеді.** *Иісі күшті, жағымды, хош деген мағынада.* **Мұрнынан міңгірледі**. *Күмілжіп, ашық-айқын сөйлемеді.* **Мұрнынан сорасы ақты**. а) *Жылапсықтады.* ә) к е к е с і н . *Жап-жас, әлі елеусіз.* **Мұрнынан су кетті**. *Жұмыстан босамады, қолы тимеді.* **Мұрнынан тізді**. *Түгін қалдырмай тізбектеді, қамтыды, бәрін айтып берді.* **Мұрнынан шаншылды.** *Жұмыстан бір сәт босамады, қолы тимеді.* **Мұрнына су жетпеді [жетпей жатыр]**. *Жұмыстан бір сәт босамады, қолы тимеді, мұршасы келмеді.* **Мұрнын бет қылды**. *Аузы-мұрнын қан жалатты, соққыға жықты.* **Мұрнын бұзды.** *Ұрды, сазайын тарттырды.* **Мұрнын [көкке] көтерді**. *Паңсынды, өзін басқадан артық санады, тәкаппарланды.* **Мұрнын қытықтады**. *Иісі мұрнына келіп, тәбетін ашты.* **Мұрнын тескен тайлақтай [өгіздей].** *Жуас, момын, ерікке көнгіш.* **Мұрнын тартты**. *Сіңбірмеу; мұрнымен сорасын ішке қарай дыбыстап тарту деген мағынада.* **Мұрнын тескен өгіздей [тайлақтай, тайлақша].** к е к е с і н . *Неге болса да көне беретін, жетекке көнгіш; жуас.* **Мұрнын тыжырды**. п а р а л и н г в . *Ащы нәрседен ашырқанғанда, болмаса біреуді жақтырмағанын білдіргенде мұрнын үстіне қарай жиырып көрсететін қимыл ишараты.* **Мұрнын тыржитты [кіржитті].** *Ұнатпады, жақтырмады.* **Мұрнын шүйірді.** *Біреуді, бірнәрсені кемсініп, менсінбеген кейіп білдірді; жақтырмады.* **Мұрнының астын [астындағыны] көрмейді.** *Ештеңені сезбейді, түсінбейді, білмейді.* **Мұрны шулады.** *Бір нәрсенің иісін сезді.* **Мұрны шуылдады.** *Мұрны пышылдады, қатты дем алды.* **Мұрынға сұққандай екен**. *Үйлесімді, жақсы.* **Мұрын жарды**. а) *Иісі кең жайылды, аңқыды.* ә) *Өткір иіс мұрынды ашытты.* **Мұрын кеуілжірлері**. а н а т . <лат. os conchae nasalis> *Жануарлардың мұрын қуысында орналасқан тым жұқа тақташа тәріздес иірімді сүйектер [Жоғарғы кеуілжір мұрын сүйегінің кеуілжір қырына, төменгі кеуілжір жоғарғы жақ сүйегінің кеуілжір қырына бекиді].* **Мұрын қаңсары.** в е т . *Сиыр, қой т.б. жануарлардың танау тесіктері айналасындағы терінің түксіз пигментті аймағы.* **Мұрын қуысы.** а н а т . *Негізгі тыныс жолы; кеңсірік.* **Мұрынның қанындай.** *Қып-қызыл, құрым.* **Мұрын сүйегі.** а н а т . <лат. os nasale> *Бас сүйектегі мұрын қуысының төбесін құрайтын жалпақ сүйек.* **Мұрын сіңбіруге мұрша жоқ.** *Жұмыстан бір сәт қолы босамады, уақыты болмады.*

**МҰРЫНБОҚ** з а т . **1.** *Көбінесе жас баланың (адамның, малдың т.б.) мұрнынан шығатын қоймалжың қалдық зат, маңқа.* **2.** а у ы с . э к с п р . *Әлі өсіп-жетілмеген жас бала.*

**МҰРЫНДАУ** с ы н . с ө й л . ***Мұрындылау***.

**МҰРЫНДЫ** с ы н . *Мұрны ұлкен.*

**МҰРЫНДЫҚ** з а т . э т н . **1.** *Түйенің я өгіздің екі танауының арасындағы шеміршекті тесіп өткізетін, ұзындығы қарыс я сынық сүйем шамасындай таяқша.* **2.** қ о л ө н е р . *Жіпті іліп алып иіру үшін ұршық басына көлденең өткізілген кішкене жіңішке ағаш.* **3.** *Терінің я басқа нәрсенің алды-артынан тесік тесіліп, алдыңғы тесікке тағылған ұзындығы бір құлаштай қайыс бау.* **4.** *Арбаның доңғалағы шығып кетпеу үшін белтеміргe бұрап бекітілетін немесе ұшына көлденең өткізіп қоятын кішкене темір таяқша.* **5.** а у ы с . *Бастамашы, жетекші, ұйытқы.*

**Мұрындық болды**. *Бір істі ұйымдастыруға дәнекер, себепкер, ұйытқы болды.* **Мұрындық ене.** ж е р г . *Өкіл шеше.* **Мұрындық көрді.** ж е р г . *Сылтау етті, болмайтын нәрсені себеп етті.*

**МҰРЫНДЫҚСЫЗ** с ы н . **1.** *Мұрындығы жоқ, мұрындық тағылмаған.* **2.** а у ы с . *Еркімен кеткен, жүгенсіз.*

**МҰРЫНДЫҚТА=** е т. **1.** *Мұрындық өткізу, мұрындық тағу.* **2.** а у ы с . *Еркіне көндіру, жетелеу, сүйреу.* **3.** а у ы с . *Тежеу, беталды жібермеу.*

**Мұрындықтап тізді**. *Шетінен бір-бірлеп тізіп шықты.*

**МҰРЫНДЫҚТАЛ=** е т. *Мұрындық өткізілу, мұрындық тағылу.*

**МҰРЫНДЫҚТАЛУ** *Мұрындықтал етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРЫНДЫҚТАТ=** е т. **1.** *Мұрындық өткіздіру, мұрындық тақтыру.* **2.** а у ы с . *Еркіне көндірту.*

**МҰРЫНДЫҚТАТУ** *Мұрындықтат етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРЫНДЫҚТАУ** *Мұрындықта етістігінің қимыл атауы.*

**МҰРЫНДЫҚТЫ** с ы н . *Мұрындығы бар, мұрындық тағылған.*

**МҰРЫНДЫҚША** з а т . *Кішкентай мұрындық.*

**МҰРЫНДЫҚШЫ** з а т . *Ұйымдастырушы, басшы, жетекші.*

**МҰРЫНДЫЛАУ** с ы н . *Мұрынды келген, мұрны ұлкендеу.*

**МҰРЫНЖА** з а т . ж е р г . *Етікке салатын қалыптың ұсті.*

**МҰРЫНҚҰРТ** з а т . *Қыстан арықтап шыққан түйе ауруы.*

**МҰРЫНТАҚ** с ы н . ж е р г . *Ойлы-қырлы; тегіс емес.*

**МҰРЫНША** з а т . ж е р г . к ә с . **1.** *Жүгеннің кеңсірігі.* **2.** ***Мұрынжа.*** **3.** *Ұршықтың мұрындығы.*

**МҰРЫНШАҚ**[1] з а т . *Сәл шошайыңқыраған төбешік сияқты жер бедері.*

**МҰРЫНШАҚ**[2] с ы н . *Қоқиған, биік, дөңес.*

**МҰРЫНШАҚТАЛ=** е т. *Қоқию, шошаю.*

**МҰРЫНШАҚТАЛУ** *Мұрыншақтал етістігінің қимыл атауы.*

**МҰСАББА** [ар. مسبعة] з а т . ә д е б . *Жеті жолды өлең.*

**МҰСАДАС** [ар. مسدس] з а т . ә д е б . *Алты жолды өлең.*

**МҰСАЛДАТ** з а т . ж е р г . ***Масыл.***

**МҰСАЛЛАМ** [ар. مسلم]: **мұсаллам болды**. ж е р г . *Көнді, нанды.*

**МҰСАМАХА** з а т . е с к і к і т . *Қош көрушілік, кеңшілікпен қараушылық.*

**МҰСАТЫР** [ир. نشادر] з а т . х и м . *Мөлдір түсті, суда жақсы еритін кристалды зат; аммиак.*

**Мұсатыр спирті.** х и м . *Аммиактың судағы ерітіндісі.*

**МҰСИПАТ** з а т . к ө н е . е с к і к і т . *Апат, ауыртпалық, бақытсыздық.*

**МҰСТАЖАП** з а т . д і н и . *Алладан дұғасы қабыл болғыш.*

**МҰСТАЗАТ** з а т . ә д е б . *Шығыс әдебиетінің өлең жанры.*

**МҰСТАҚ** с ы н . к ө н е . е с к і к і т . д і н и . *Құмар.*

**МҰСТАҚПАЛ** з а т . к ө н е . *Келешек, болашақ.*

**МҰСТАСНА** з а т . к ө н е . *Ережеден тыс, ережеге бағынбайтын құбылыс, нәрсе.*

**МҰСТАШРИҚ** з а т . е с к і к і т . *Шығыстанушы, ориенталист.*

**МҰСЫБАТ** з а т . к ө н е . е с к і к і т ***Мұсипат.***

**МҰСЫЛМАН** [ар.ир. مسلمان] з а т . **1.** *Ислам дінін мойындаған, соның шарттарын орындайтын, Аллаға мойынсұнған адам. // Ислам дініндегі жұрт, ел.* **2.** а у ы с . *Қайырымды, мейірбанды кісі, шапағатты жан, Алланың құлы.*

**Мұсылман баласы.** *Мұсылман дініне мойынсұнған адам, Алланың құлы, барша мұсылман атауы.* **Мұсылман бауырластығы.** *Мұсылмандар арасындағы ынтымақ-бірлік.* **Мұсылман діні.** *Ислам діні.* **Мұсылман дүниясы.** *Мұсылмандар арасы, іші, ортасы.* **Мұсылман жәмиғаты.** *Ислам дінін қабылдаған, соған адал ниетімен берілген қауым.* **Мұсылман құқығы.** д і н и . с а я с и . *Араб халифатында VII-X ғасырларда қалыптасқан құқық жүйесі.* **Мұсылман пенде.** *Мұсылмандықты ұстанған адам.* **Мұсылман үмметі.** д і н и . *Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.а.) соңынан еріп, ислам дінін қабылдаған адамзат, халық.*

**МҰСЫЛМАНГЕРШІЛІК** з а т . *Мұсылманға тән қайырымдылық.*

**МҰСЫЛМАНДАЙ** с ы н . *Мұсылман сияқты, мұсылман тәрізді .*

**МҰСЫЛМАНДАНДЫР=** е т. *Ислам дініне кіргізіп, мұсылмандыққа мойынсұндыру, мұсылман ету.*

**МҰСЫЛМАНДАНДЫРУ** *Мұсылмандар етістігінің қимыл атауы.*

**МҰСЫЛМАНДАУ** с ы н . *Ислам дінін ұстанған, қайырымдылау, мейірімділеу.*

**МҰСЫЛМАНДЫҚ** з а т . **1.** *Мұсылман болушылық, мұсылман жолын қуушылық, мұсылманға тән ерекшелік.* **2.** а у ы с . *Қайырымдылық, мейірімділік.*

**Мұсылмандық парыз**. діни. *Ислам дінін қабылдаған Аллаға мойынсұнған адамның орындауға міндетті парызы, борышы [Мұсылман адамның парызы көп, солардың ішінде иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, ғұшыр-зекет беру, қажыға бару].* **Мұсылмандықтың бесінші парызы.** діни. *Қажылық ғибадат, Меккеге қажылыққа бару.*

**МҰСЫЛМАНША** үст. **1.** *Мұсылман (діни) оқуы бойынша; арабша.* **2.** *Ислам дәстүрі бойынша, мұсылман салтынша.* **3.** *Мұсылманға ұқсап.*

**Мұсылманша оқу**. *Ислам діні бойынша сауатын ашу, ислам діні қағидаларын үйрену.*

**МҰСЫЛМАНШЫЛА=** ет. *Мұсылманға тән дәстүрді сақтау, ерекшелікті бұзбау.*

**МҰСЫЛМАНШЫЛДЫҚ** зат. *Мұсылманшыл болушылық, мұсылманға тәндік.*

**МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Мұсылман болушылық, мұсылмандық.* **2.** ауыс. *Қайырымдылық, мейірімділік.*

**МҰТ** ир. үст. жерг. *Тегін, босқа.*

**МҰТ=** ет. сөйл. ***Ұмыту***.

**МҰТАҚИ** [ар. متقى] сын. ескікіт. *Діншіл, тақуа.*

**МҰТАЛАҒА** зат. көне. *Ой көзі, көкіреккөз, сауат, парасат.*

**МҰТЛАҚ** сын. **1.** діни. *Кәміл, теңдесіз; тазалығы, пәктігі шүбәсіз; еш күмәнсіз, абсолютті.* **2.** ауыс. *Толығымен, толықтай.*

**МҰТТАҚИ** [ар. متقى] сын. діни. *Діншіл, тақуа.*

**МҰТТАХАМ** ар. [متهم] сын. *Алдамшы, залым.*

**МҰХАБИР** [ар. مخابر] зат. ескі кіт. *Мерзімді баспасөз бен радио-теледидарға жер-жерден хабар жіберіп тұратын қызметкер, корреспондент.*

**МҰХАДЖИР** [ар. مهاجر] зат. сөйл. ***Мұхаджір***.

**МҰХАДЖІР** зат. діни. *Мұхаммед пайғамбар Меккені ислам дініне бағындарғанға дейін Мұхаммедтің соңынан Мединеге барып қоныстанған мұсылман.*

**МҰХАКАМА** зат. діни. *Исламдағы сот жүргізу ісінің негізінде VIII ғасырдың ортасына қарай қалыптасқан сот ісі.*

**МҰХАЛ** сын. көне. *Мүмкін емес, шамадан тыс; қол жетпейтін, қолдан келмейтін.*

**МҰХАМАС** зат. әдеб. *Көне шығыс әдебиетіндегі бес жол шумақтардан тұратын өлең жанры.*

**МҰХАМЕДИ** [ар. محمدى] сын. діни. *Мұхаммедке тиісті, соның үмбетіне қатысты.*

**МҰХАРАП** сын. көне. ескі кіт. *Өзгертілген.*

**МҰХАРРАМ** зат. діни. *Мұсылман күнтізбесінің қасиетті саналатын алғашқы айы.*

**МҰХАРРИР** [ар. محرر] зат. ескі кіт. *Баспасөз бен радио-теле хабарлар редакциясының басшы қызметкері, редактор.*

**МҰХАФАЗА** зат. көне. **1.** *Мұхафиз басқаратын уәлаят, губерния, қала.* **2.** ауыс. *Беріктік, басқарушылық.*

**МҰХБИР** зат. көне. *Хабарлаушы, кейбір араб елдерінде тілші.*

**МҰХИТ** [ар. محيط] зат. **1.** *Жер шарының 70% алып жатқан, құрылықты материктерге және аралдарға бөліп тұрған су қабаты.* **2.** геогр. *Құрлықтар арасында орналасқан, көлемі үлкен, өзіндік жеке су және атмосфералық айналымы бар, айтарлықтай гидрологиялық (гидрохимиялық, гидробиологиялық, гидрофизикалық) жағынан ерекшеленетін дүниежүзілік мұхиттың бөлігі.* **3.** ауыс. *Көз жеткісіз, кең байтақ, шалқып жатқан мол.*

**Мұхит аралдары**. геогр. *Мұхиттың ортасында пайда болған, материкпен байланысы жоқ жанартаулық аралдар.* **Мұхит геологиясы**. геол. *Бүгінгі мұхиттар өңірінің геологиялық және осы аймақта өтіп жатқан геологиялық процестерді зерттейтін теңіздік геология бөлігі.* **Мұхит геохимиясы**. геол. *Мұхиттардың химиялық эволюциясын, тұзды массасының қалыптасуын, мұхит суы мен шөгінділеріндегі элементтердің шоғырлануы мен сейілуін зерттейтін геохимияның тарауы.* **Мұхит жартышары**. геогр. *Дүниежүзілік карта мен глобуста бейнеленген жер бетінің су басым бөлігі, құрлық мұнда небары 9% ғана.* **Мұхит қазаншұңқырлары**. геол. а) *Континенттік беткеймен, жоталармен, белдермен немесе қыраттармен шектелген, мұхит табанының ірі ойпаңы.* ә) *Жер мегабедерінің өте ірі элементі.* **Мұхит кезді**. *Ашық мұхитта сапар шекті.* **Мұхит төсеніші**. геол. *Мұхит түбінің басым бөлігін құрайтын, жер қыртысының мұхиттық түрімен сипатталатын, жербедер элементтерінің өте ірі түрлерінің бірі.* **Мұхит түнбалары**. геол. *Мұхит түбінде ғана түзілетін түнбалар.* **Мұхит түбі**. геол. *Литосфераның дүниежүзілік мұхит суымен көмкерілген беткі жазықтығы.* **Мұхит шөгінділері.** *Қазіргі мұхит түбіндегі әлі тау жынысына айнала қоймаған шөгінді және жанартаулық-шөгінді құрылымдар.* **Мұхит шұңғымалары**. геогр. *4-5 мың м-ден астам тереңде орналасқан мұхит түбі ойпаттары.*

**МҰХИТНАМА** зат. *Дүниежүзілік мұхиттағы физикалық, химиялық, биологиялық және геологиялық процесс туралы ғылымдардың жиынтығы.*

**МҰХИТТАЙ** сын. *Мұхит сияқты, мұхит тәрізді.*

**МҰХИТТАНУ** зат. ғыл. *Мұхиттағы физикалық, химиялық, геологиялық және биологиялық процестер туралы ғылым, океанология.*

**МҰХИТТЫҚ** сын. *Мұхитқа тән, мұхитқа қатысты.*

**Мұхиттық ағыстар.** геогр. *Мұхиттар мен теңіздердегі су массасының тұрақты бір бағытта ағуы, мұхиттағы өзендер.* **Мұхиттық аралдар.** геогр. *Тынық мұхиттың орталық және оңтүстік-батыс бөліктеріндегі аралдардың жиынтығы [Меланезия, Микронезияға, Полинезияға бөлінеді. Ауданы 1,26 млн км³, халқы 10 млн. Батыс Самоа, Фиджи, Науру, Тонга, Саломон аралдары, Тувалу мемлекеттері орналасқан].* **Мұхиттық жер қыртысы**. геогр. *Мұхит суы астындағы жер қыртысы, қалыңдығы 5-10 км аралығында.*

**МҰХИТША** үст. *Мұхитқа ұқсап, мұхит секілденіп.*

**МҰХКАМЛА=** ет. ескі кіт. *Бекемдеу.*

**МҰХЛАТ** зат. көне. *Мерзім, мұрсат.*

**МҰХЛИС** [ар. محيط] сын. *Адал жүректі, таза сенімді, адал.*

**МҰХРАБ** [ар. محراب] зат. *Мешіт ішіндегі намаз оқылатын жер.*

**МҰХСИН** сын. көне. ескі кіт. *Игілікті, берекелі; жарылқаушы, есіркеуші, қайыр көрсетуші.*

**МҰХТАЛ** зат. көне. **1.** *Қарыз беруші, несие беруші, ремитент.* **2.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл.*

**МҰХТАРАМ** [ар. محترم] сын. *Құрметті, қадірлі.*

**МҰХТАРИАТ** [ар. مختاريات] зат. *Бір елдің құрамындағы кейбір ұлттардың өзін-өзі басқаруы, билеуі, автономия.*

**МҰХТАСАР** [ар. مختصر] зат. діни. *Діни қағидалар жазылған кішкене жинақ.*

**МҰХТАСИБ** [ар. محتسب] зат. діни. *Мұсылман елдерінде дін қағидаларының орындалуын бақылаушы адам; лауазым.*

**МҰҺАЖИР** зат. ескі кіт. тар. *Мұхаммед пайғамбармен бірге Меккеден Мединеге қоныс аударған ең алғашқы мұсылмандар; қоныс аударушылар, ауғандар.*

**МҰШ** [ир. مشت] зат. көне. ***Жұдырық.***

**МҰШАҚ** [ар. مشق] зат. жерг. *Мехнат, бейнет, азап.*

**МҰШАПАҚ** зат. көне. ескі кіт. *Мейірімді.*

**МҰШАУАРА** зат. ескі кіт. ***Мұшауарат***.

**МҰШАУАРАЛАС=** ет. ескі кіт. *Кеңесу, мәжіліс құрысу, мәслихаттасу.*

**МҰШАУАРАТ** зат. ескі кіт. *Кеңес, маслихат.*

**МҰШТА=** ет. *Білек күшін көрсету, жұдырықтау.*

**МҰШТАҚ** [ар. مشتاق] зат. көне. *Аса ынтызар болушы, аңсаушы, құмартушы.*

**МҰШТАРИ** [ар. مشترى] зат. астр. *Күн жүйесіндегі ең үлкен ғаламшар, Юпитер.*

**МҰШТАС=** ет. *Жұдырықтасу.*

**МҰШТАУ** *Мұшта етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЯТ** зат. сөйл. ***Мият.***

**МҮБАДА** [ар.ир. مبادا] үст. *Алда-жалда, егерде.*

**МҮБАРАК** [ар. مبارك] сын. *Мейірбан, қайырымды, құтты, қайырлы.*

**Мүбарак болсын!** *Құтты болсын, қайырлы болсын деген мағынадағы тілек.*

**МҮБАХ** зат. діни. *Діни ұстаным бойынша істегені үшін сауабы да, күнәсі да жоқ амалдар.*

**Мүбах қылды**. *Күнәсі да, сауабы да жоқ амал істеді.*

**МҮБӘДА** [ир. مبادا] үст. *Алда-жалда, егер де.*

**МҮБӘРАК** сын. ***Мүбарак***. **1.** діни. *Қадірлі, қасиетті, қайырлы.* **2.** ауыс. *Өркендеген, гүлденген.* **3.** ауыс. *Ерекше, жарқыраған, әсем.* **4.** ауыс. *Берекелі, бата алған, құтты.*

**Мүбәрәк болсын.** тілек. *Мерек болсын (құтты, берекелі болсын деген мағынадағы әдетте діни мерекелерде айтылатын құттықтау сөз).*

**МҮБӘРИЗ** зат. көне. ескі кіт. *Жауынгер, ержүрек сарбаз.*

**МҮБӘРСІЗ** зат. көне. ескі кіт. *Әскерсіз, қолсыз.*

**МҮБӘШӘРӘ** зат. діни. *Уағыздаушы.*

**МҮБТӘЛА** сын. көне. ескі кіт. *Бәлеге ұшыраған, қиындыққа душар болған, сынаққа салынған.*

**МҮГЕДЕК** сын. *Он екі мүшесінің біреуі кем, жарымжан, кемтар, ғаріп. // Кемтар адам.*

**Мүгедек болды**. *Жарымжан болып қалды, бір мүшесінен айырылды.* **Мүгедек етті [қылды].** *Жарымжан қылды, майып қылды, мертіктірді.* **Мүгедектер үйі**. *Жарымжан, кемтар адамдар тұратын интернат.*

**МҮГЕДЕК-МЕШЕУ** сын. *Мүгедек және сол сияқты жарымжан, ғаріп.*

**МҮГЕДЕКТЕ=** ет. **1.** *Он екі мүшесінің бірін кем қылу, жарымжан ету.* **2.** ауыс. *Қаймығу, жалтақтау, бүгежектеу.*

**МҮГЕДЕКТЕН=** ет. *Мүгедектікке ұшырау, жарымжан болу.*

**МҮГЕДЕКТЕНУ** *Мүгедектен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮГЕДЕКТЕУ** сын. *Жарымжандау, кемтарлау.*

**МҮГЕДЕКТІК** зат. *Жарымжандық, кемтарлық, кемдік.*

**МҮГЕДЕКШЕ** үст. *Мүгедекке ұқсап, мүгедек тәрізді.*

**МҰДАРИС** зат. көне. ***Мұдәррис.***

**МҰДАРРИС** [ар. مدرس] зат. көне. ***Мұдәррис.***

**МҰДӘ** зат. көне. *Шүбә, сенімсіздік.*

**МҰДӘЙІ** зат. *Алдап-арбауға әзір тұратын адам.*

**МҰДӘРРИС** [ар. مدرس] зат. *Медреседе сабақ беретін адам, оқытушы, мұғалім.*

**МҰДӘРРИСТІК** зат. *Мұдәррис болушылық, оқытушылық, ұстаздық.*

**МҰДӘТ** [ар. مدت]. зат. ескікіт. *Уақыт.*

**МҮДД** зат. көне. *Сусымалы денелер өлшемі (96 грамм шамасында).*

**МҮДДАҒА** [ар. مدع] зат. *Мүдде, арман, мақсат, тілек, ой.*

**МҮДДЕ** [ар. مدع] зат. **1.** *Алға қойған мақсат, тілек, арман.* **2.** қоғ. *Қандай да бір қоғамдық-әлеуметтік топ өкілдерінің діті, көздегені, қажеттілігі.* **3.** психол. *Қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекеттерінің, өмір сүру бағдарының негізгі, ішкі қозғаушы күші.* **4.** экон. *Заңды тұлға мен жеке тұлғаның тілеген нәрсесі және оларды іс-әрекетке құлшындырушы уәж.*

**Мүдделер тобы**. саяси. *Мемлекеттік емес саяси институттардың барлық түрлері [оған мыналар тән: 1) адамдардың ресми құрылымды ұйымдарға немесе бейресми ұжымдарға бірігу еріктілігі; 2) топ мүшелерінің мүдделері, мақсаттары, көзқарастарының ортақтығы; 3) жеке талаптарының қоғамдық пайдалы материалдық және рухани құндылықтармен қабысып жатуы].* **Мүддесінен шықты**. *Арман-тілегінен, ойынан шықты.*

**МҮДДЕГЕР** зат. *Мүддесін ойлаушы, мүддесін қолдаушы.*

**МҮДДЕҒА** зат. ескікіт. ***Мүддәға.***

**МҮДДЕЛЕ=** ет. *Көздейтін мүддесі ету, мүддеге айналдыру.*

**МҮДДЕЛЕНДІР=** ет. *Көздейтін мүддесі еткізу, мүддесіне айналдыру.*

**МҮДДЕЛЕС** сын. *Мүддесі ортақ, армандас, тілектес.*

**МҮДДЕЛЕСТІК** зат. *Мүдделес болушылық, мүддесі бір болушылық, мақсаттылық, тілектестік.*

**МҮДДЕЛІ** сын. *Арман-тілегі, мақсаты бір; мақсатты, мақсат еткен.*

**МҮДДЕЛІК** зат. сөйл. ***Мүдделілік.***

**МҮДДЕЛІЛІК** зат. *Мүдделі болғандық, ортақ мақсат пен тілек-мақсат тұтастығы.*

**МҮДДЕ-МҰРАТ** зат. *Тілек-талап, ой-арман.*

**МҮДДЕСІЗ** сын. *Қызығушылығы жоқ, ынтасыз.*

**МҮДДЕТ** зат. ескікіт. *Уақыт аралығы, мезгіл, дәуір, кезең, уақыт.*

**МҮДДЕШІЛ** сын. *Өз мүддесін қорғайтын.*

**МҰДЖИЗА** зат. діни. ***Мұғжиза*** *(өздерін көпшілік алдында ерекше таңдау мен қасиет иесі екенін таныту үшін пайғамбарларға Алладан берілген таңғажайып әрекет).*

**МҰДУАР** [ар. مدوار] сын. *Жалынышты, тәуелді.*

**МҮДІР** зат. сөйл. ***Мудир*** *(директор).*

**МҮДІР=** ет. **1.** *Сөзден тосылу, жауап таба алмай жаңылып қалу.* **2.** *Тоқтап қалу, бөгелу, кідірістеу.*

**МҮДІРТ=** ет. *Сөзден тосылдыру, бөгелту, кідірістету.*

**МҮДІРТУ** *Мүдірт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮДІРУ** *Мүдір етістігінің қимыл атауы; тоқтау, бөгелу.*

**МҮДІРІҢКІРЕ=** ет. *Сәл-пәл бөгелістеу, кідіріңкіреу.*

**МҮДІРІҢКІРЕУ** *Мүдіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**МҮДІРІС** зат. *Сөйлеу, қозғалу т.б. сол сияқты қимыл үстіндегі кідіріс, бөгеліс, тоқталыс.*

**МҮДІРІС=** ет. *Сөзден тосылысу, бөгелісу.*

**МҮДІРІССІЗ** сын. *Кідіріссіз, бөгеліссіз, тоқтаусыз.*

**МҮДІРІСТЕ=** ет. *Кідірістеу, кібіртіктеу, бөгеліңкіреу.*

**МҮДІРІСТЕУ** *Мүдірісте етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЖӘБІН** сын. көне. *Мұқтаж, қажетті.*

**МҰЖӘЗ** [ар. مجاز] зат. кіт. *Меселі.*

**МҰЖӘЛСІЗ** сын. *Жағдайы қиын, әлсіз.*

**МҰЖӘЛСІЗДЕНДІР=** ет. *Әлсіздендіру, нашарлату.*

**МҰЖДЕҺИД** сын. діни. *Ыждағатты, ынталы, ықыласты. // Діни білім дәрежесі жоғары, дін ілімінің заңына жетік діндар адам немесе діндарлар тобы.*

**МҰЖҒІЛЕ=** ет. сөйл. ***Мұжғыла.***

**МҰЖУ** *Мұжі етістігінің қимыл атауы.*

**МҰЖІ[1]=** ет. сөйл. ***Мұжы.*** **1.** *Сүйектің етін жеу, кеміру.* **2.** *Жел мен судың, т.б. табиғат құбылыстарының әсерінен тозу.*

**МҰЖІ[2]=** ет. *Келіңкіремеу, болыңқырамау.*

**МҰЖІЛ=** ет. сөйл. **1.** *Мұжыл, тозу.* **2.** тех. *Жекелеген бір нүктеге бағыттала түскен күштің салдарынан металл бетінің қабыршақтанып бұзылуы.*

**МҰЖІЛУ** *Мұжіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жел, су т.б. әсерінен табиғат нысандарының мұжылуы.* **2.** ауыс. *Сағы сыну, жүнжу.*

**МҰЖІС=** ет. сөйл. ***Мұжыс.***

**МҰЖІТ=** ет. сөйл. ***Мұжыт.***

**МҮЙЕТ[1]** зат. **1.** *Бір нәрсенің төңірегіндегі көтеріңкі зат.* **2.** *Аттың жауырына қажалмас үшін қойылатын ортасы ашық, дөңгелекше етіп жасалған зат, мал дәрігерлік терминнің халықтық атауы.*

**МҮЙЕТ[2]** зат. өс. *Гүлінің түсі сары, шалғынды жерлерде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МҮЙЕТТЕ=** ет. **1.** *Жан-жағын қоршау, биіктеу.* **2.** жерг. кәс. *Аттың арқасына ер тимеу үшін ер қапталы астынан киіз қою.*

**МҮЙЕТТЕУ** *Мүйетте етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЙІЗ** зат. **1.** *Кейбір жабайы жануарлар мен малдың бас сүйегіндегі қатты өсінді.* **2.** биол. <лат. cornu> *Маңдай сүйегі мүйіз өсіндісін қаптап тұрған тері туындысы.* **3.** зоол. *Қазіргі кезде тіршілік ететін тұяқтылардың басындағы қатты өсінділер (қорғаныш және жекпе-жек құралы).* **4.** ауыс. *Қолмен ауыр жұмыс істегендіктен алақан терісінің қалыңдап сіреленуі, қатуы.*

**Мүйіз жіп**. этн. *Малдың мүйізіне байланып қойған даяр жіп.* **Мүйіз өрнегі**. этн. *Жан-жануарлардың мүйізінің пішіндеріне ұқсас қазақтың ұлттық оюының жалпы атауы.* **Мүйіз сақинасы**. *Сиырдың мүйізінде болатын кертік шығыршық.* **Мүйіз шайқады**. *Қорқытты, ренжітті.* **Мүйіз шақша**. *Мүйізден жасалған шақша.* **Мүйіз шықты**. кекесін. *Қарық болды, кенелді, жетісті.* **Мүйіз шықты ма [мүйіз шықса, қане]?** кекесін. *Бір істің аяғы жақсы болмайтынын, болмағанын білдіру үшін айтылатын әрі кекесін, әрі кекесін мәнді сөз.* **Мүйізі қарағайдай.** а) *Тіке өскен өте ұзын мүйізді (мал).* ә) *Мықты, зор, нағыздың өзі, дәрежесі жоғары, елге танымал.* **Мүйізі қарағайдай болды**. а) *Елден озды, ерекшеленді.* ә) *Атақ-дәрежеге ие болды, табысқа жетті.* **Мүйізінен үрген өгіздей.** *Есеңгіреген, мәңгірген.* **Мүйізіне ілді.** *Шет қақпайлады, сыйыстырмады, күн көрсетпеді.* **Мүйізі сырқырады.** *Жаны ашыды, есіркеді.*

**МҮЙІЗАЛДАМЫШ** зат. геол. *Амфиболдар тобының минералы.*

**МҮЙІЗБАС** зат. өс. *Басы қатты, сондықтан да мал аз жейтін шөптердің бірі.*

**МҮЙІЗБҰРШАҚ** зат. өс. сөйл. ***Қызылбалтыр.***

**МҮЙІЗГЕК[1]** зат. *Қолдың ойылуынан, аяқтың қажалуы салдарынан мүйізденіп кеткен қатты қабыршақ тері, түйін.*

**МҮЙІЗГЕК[2]** зат. вет. **1.** *Сиырдың қынабын қабындырып, бұқаны басқа ауруға ұшырататын жұқпалы ауру.* **2.** *Бураға қайыса да боталамайтын інгеннің бота шығатын жерінің іш жиегінде болатын шеміршек ауруы.*

**МҮЙІЗГЕКТЕН=** ет. *Терінің көн болып сіреленуі, шеміршектену, қатаю.*

**МҮЙІЗГЕКТЕНУ** *Мүйізгектен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЙІЗГҮЛ** зат. өс. сөйл. *Өзен жағалауларында, шалғынды жерлерде өсетін, биіктігі 20-50 см-дей, сабағы жалаң, төрт қырлы, түп жағы бұтақты, жапырақтары қандауыр тәрізді, гүлі жасылдау ақшыл сары түсті, шерменгүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**МҮЙІЗДӘРІ** зат. *Марал мен үзбара бұқаларының сүйектенбеген, өсіп келе жатқан жас мүйіздерін кесіп дайындаған дәрі (пантокрин).*

**МҮЙІЗДЕ[1]=** ет. **1.** *Мүйізбен қағып жіберу, сүзу.* **2.** ауыс. *Біреуді қағып-соғу, түрткілеу; араларына сыйдырмау.*

**МҮЙІЗДЕ[2]=** ет. **1.** *Мүйіз салу, мүйізбен әрлеу, оюлау, көмкеру.* **2.** *Мүйізге ұқсату, иілдіру.*

**МҮЙІЗДЕЙ** сын. *Мүйіз сияқты.* **1.** *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы.* **2.** ауыс. *Қатты, күс басқан.*

**МҮЙІЗДЕЛ=** ет. **1.** *Мүйізбен қағып жіберілу, сүзілу.* **2.** *Алақан терісінің көн болып сіреленуі, мүйізгектену.*

**МҮЙІЗДЕЛУ** *Мүйіздел етістігінің қимыл атауы; алақан терісінің сіреленуі, мүйізгектенуі.*

**МҮЙІЗДЕН=** ет. **1.** *Көн болып қатып қалу, шеміршектену, сірілену, қатаю.* **2.** ауылшар. *Жануарлар ұлпасының түрлі себепке байланысты қатаюы, мүйізге айналуы.*

**МҮЙІЗДЕНДІР=** ет. *Мүйіз сияқты түрге ендіру, мүйізге ұқсастыру.*

**МҮЙІЗДЕНУ** *Мүйізден етістігінің қимыл атауы; сірілену, мүйізгектену.*

**МҮЙІЗДЕС=** ет. **1.** *Мүйізбен сүзісу.* **2.** ауыс. *Бір-бірімен қағып-соқтығысу, түрткілесу, сыйыса алмау.*

**МҮЙІЗДЕСТІР=** ет. **1.** *Мүйіздерімен сүзістіру.* **2.** ауыс. *Бір-бірімен соқтығыстыру, түрткілестіру.*

**МҮЙІЗДЕСТІРУ** *Мүйіздестір етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЙІЗДЕСУ** *Мүйіздес етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЙІЗДЕУ** *Мүйізде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сүзу, мүйізімен қағып жіберу.* **2.** ауыс. *Түрткілеу, сыйыстырмау.*

**МҮЙІЗДІ** сын. **1.** *Мүйізі бар, мүйіз өскен.*

2. *Мүйізден жасалған, мүйізбен көмкерілген.* 3. ауыс. *Қағып-соғып отыратын, өктем.*

**Мүйізді бағаналар.** әск. *Десанттық кемелер қаптамасындағы саңылауларды бітеуге және жүзгіш шынжыртабанды немесе доңғалақты мәшинелерді бөгеуге арналған десантқа қарсы кедергілер.* **Мүйізді қалып.** зерг. *Қошқармүйіз, арқармүйіз өрнегі бар зергерлік қалып нұсқасы.* **Мүйізді саумалдық.** өс. <лат. oxalis corniculata> *Саумалдық тұқымдас көпжылдық, кейбір тұқымдары біржылдық шөптесін өсімдік түрі.* **Мүйізді ірі қара.** *Сиыр малы, қара мал.*

**МҮЙІЗЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. ceratophyllum> *Тамырсыз өсетін, жапырағы бұтақты, көпжылдық су өсімдігі.*

**МҮЙІЗЖЕМІС** зат. өс. *Өзен жағауларында, батпақты, сортанды жерлерде өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, сабағы тік, төменгі жағындағы жапырақтары жұмыртқа пішіндес, сабағы қысқа, гүлдері ақ түсті орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**МҮЙІЗКЕСЕР** зат. этн. *Мүйізден әртүрлі бұйым жасайтын ұстаға қолақы ретінде берілетін кәде.*

**МҮЙІЗКӨК** зат. *Інгеннің жыныс мүшесінде болатын түйін, беріш; кесел.*

**МҮЙІЗКӨКНӘР** зат. өс. *Сымырдың бір түрі; мүйізді сымыр.*

**МҮЙІЗҚАП** зат. *Зақымдалған сиыр мүйізіне кигізілетін жабдық.*

**МҮЙІЗ-МҮЙІЗ** сын. *Тұтастай мүйізденіп кеткен.*

**МҮЙІЗСІЗ** сын. *Мүйізі жоқ, мүйіз өспеген.*

**МҮЙІЗСІЗДЕНДІР=** ет. кіт. *Мүйізін кестіріп тастау, мүйізсіз еткізу.*

**МҮЙІЗСІЗДЕНДІРУ** кіт. *Мүйізсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЙІЗСІЗДЕНДІРІЛ=** ет. кіт. *Мүйізінің кесіп тасталуы, мүйізсіз етілу.*

**МҮЙІЗСІЗДІК** зат. *Мүйізі жоқтық, мүйіз өспегендік.*

**МҮЙІЗТАС** зат. геол. *Жапсар-термалық метаморфизмде силикатты жыныстар бо- йынша қалыптасқан таужынысы.*

**МҮЙІЗТАСТЫҚ** сын. геол. *Мүйізтасқа қатысты.*

**Мүйізтастық құрылым.** геол. *Мүйізтастарға тән микрогранобластық құрылым.*

**МҮЙІЗТЕРІСКЕН** зат. өс. *Биіктігі 40 см-ден 120 см-ге дейін өсетін жартылай бұталы өсімдік.*

**МҮЙІЗТҰМСЫҚ** зат. зоол. *Ыстық жақты мекендейтін, тұмсығының үстінде бір я екі мүйізі бар сүтқоректі ірі жануар.*

**Мүйізтұмсық керік.** зоол. *Мүйізді керік.*

**МҮЙІЗШЕ**[1] зат. *Жаңадан пайда болған кішірек мүйіз тәрізді түйін, беріш.*

**МҮЙІЗШЕ**[2] үст. *Мүйізге ұқсап.*

**МҮЙІЗШӨП** зат. өс. *Қалампыр тұқымдасына жататын, көпжылдық шөп.*

**МҮЙІС** зат. 1. геогр. *Құрлықтың теңізге, көлге, дарияға сұғына еніп жатқан бөлігі.* 2. *Бір көшеден екінші көшеге бұрылатын жер; бұрыш, бұрылыс.* 3. *Мектеп жанындағы тірі жануарлар орналастырылған жер, орын, бұрыш.*

**Мүйіс шығарды.** *Жаңа үрдісті бастады, жаңалығы болды.*

**МҮЙІСТЕУ** сын. *Бір нәрсеге сұғыныңқырай еніп жатқан бөлік, бұрылыстау, аздап мүйіс.*

**МҮЙІШ** зат. сөйл. *Мүйіс, қалтарыс жер.*

**МҮК** зат. 1. өс. <лат. bryophita> *Көбіне дымқыл жерде өсетін, көгеріңкі қалың түкті өсімдік.* 2. жерг. *Көлдің балдыры.*

**МҮКАДДИМ** зат. діни. *Арттағыны алдыға, алдыдағыны артқа жылжытушы, әр нәрсенің орны мен уақытын белгілеуші деген мағынадағы Алла тағаланың Құран Кәрімде аян еткен тоқсан тоғыз қасиетті есімдерінің бірі.*

**МҮКӘММАЛ** [ар. مكمل] зат. *Көп дүние-мүлік, қазына-байлық.*

**МҮКӘММАЛДЫҚ-ЗАТТЫҚ**: **мүкәммалдық-заттық қызмет**. әск. *Әскерді киім-кешек, төсек-орын, кір жуу және басқа да қажеттермен қамтамасыз ететін қызмет.*

**МҮКӘРРАМ** сын. көне. 1. *Өте сыйлы, қадірлі, құрметті.* 2. діни. *Мекке қаласының теңеуі.*

**МҮКӘРРАМА** сын. діни. *Мүкәррамның әйел тектік түрі.*

**МҮКЖИДЕК** зат. өс. <лат. oxycoccus> 1. *Батпақты дымқыл жерде өсетін, мәңгі жасыл күйінде болатын қызамық тұқымдас бұта.* 2. *Осы өсімдіктің қызыл түсті жидегі.*

**Мүкжидек тосабы**. тамақ. *Шай дастарқанына арналған қышқыл тосап.*

**МҮКЕМЕЛ** зат. ескікіт. ***Мүкәммал.***

**МҮКҚҰЛАҚ** зат. өс. *Саңырауқұлақтың мүк өскен жерге шыққан түрі.*

**МҮКСІЗ**[1] сын. *Мүк шықпаған, мүк өспеген (жер).*

**МҮКСІЗ**[2] сын. сөйл. *Мүлтіксіз, күмәнсіз.*

**МҮКТЕЙ** сын. *Мүк сияқты.*

**МҮКТЕН=** ет. *Мүк басу, мүк өсіп кету.*

**МҮКТЕНУ** *Мүктен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮКТІ** сын. *Мүк көп өскен; мүк басқан.*

**Мүкті батпақ.** сушар. *Ең көп тараған батпақтар түрі.*

**МҮКІ**[1] сын. *Мүкісі бар.*

**МҮКІ**[2] сын. сөйл. 1. *Мүлт кеткен, жаңылыс басқан.* 2. *Теріс, қате.*

**Мүкі жібермеу**. *Қате жібермеу, қателеспеу.*

**МҮКІЛЕН=** ет. *Еркін болмай, кедергіге ұшырау.*

**МҮКІЛЕНУ** *Мүкілен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮКІМБАЛ** зат. сөйл. *Дүние-мүлік.*

**МҮКІС** зат. 1. *Құлақ, тіл сияқты дене мүшелерінің аздаған кемістігі, ақаулығы.* 2. биол. <грек. teratos> *Тұқым қуалайтын (генетикалық) және тұқым қуаламайтын (қоршаған орта жағдайының әсері) өзгергіштіктердің әсерінен пайда болатын ауытқулар.*

**Мүкіс дыбыс**. *Еркін, ашық дыбысталмайтын дыбыс.* **Мүкіс жібермейді.** *Мінсіз орындайды.*

**МҮКІССІЗ** сын. *Кемістігі жоқ, ақаулығы жоқ.*

**МҮКІСТЕН=** ет. *Мүкіс пайда болу, мүкіс тарту, ақау пайда болу.*

**МҮКІСТЕНУ** *Мүкістен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮКІСТЕУ** сын. *Аздаған мүкісі бар; кемтарлау.*

**МҮКІСТІК** зат. *Мүкіс болушылық, кемістік, кемтарлық.*

**МҮКІСТІЛЕР** зат. зоол. <лат. edentata> *Сүтқоректілер класының отряды.*

**МҮКІ-ТАҚЫ** сын. жерг. *Жетімсіз, тапшы; онша мәз емес.*

**МҮЛАЙЫМ** сын. сөйл. ***Мүләйім.***

**МҮЛӘЙ=** ет. *Көзді төмен салып тымыраю, жуас, бейкүнә кейіпке енуі; мүсәпір кейіпке түсу.*

**МҮЛӘЙТ=** ет. *Мүсәпір кейіпке түсіру, мүләйім күйге ендіру.*

**МҮЛӘЙТУ** *Мүләйт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛӘЙІМ** [ар. ملائم] сын. 1. көне. *Сыпайы, әдепті.* 2. *Сырт қарағанда құлық-сұмдықтан ада, момақан, жуас, бейкүнә.*

**МҮЛӘЙІМДІ** сын. *Момынсынған күй танытқан, жуас, бейкүнәдай кейіп.*

**МҮЛӘЙІМДІК** зат. *Мүләйім болушылық, мүләйған кейіп; мүсәпірлік пішін.*

**МҮЛӘЙІМСУ** *Мүләйімсі етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛӘЙІМСІ=** ет. *Дым білмегенсіп мүсәпірсу, момақансу.*

**МҮЛӘЙІМСІЗ** сын. сөйл. *Ыңғайсыз, қолайсыз, лайықсыз.*

**МҮЛӘЙІМСІН=** ет. *Құлық-сұмдықтан ада момақансу.*

**МҮЛӘЙІМСІНУ** *Мүләйімсін етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛӘЙІМСІТ=** ет. *Мүләйім күйге түсіру, момақансыту.*

**МҮЛӘЙІМСІТУ** *Мүләйімсіт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛӘЮ** *Мүләй етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛГУ** *Мүлгі етістігінің қимыл атауы.* 1. *Қалғу.* 2. ауыс. *Тыныштықта болу, маужырау.* 3. ауыс. *Мақұлдау, қоштау, бас ию.*

**МҮЛГУЛІ** сын. *Ұйқылы-ояу бей-жай күйдегі, мүлгіген қалыптағы.*

**МҮЛГУШІЛІК** зат. *Мүлгіген қалып, мүлгігендік.*

**МҮЛГІ=** ет. 1. *Ұйқылы-ояу, бей-жай күйде болу, қалғу.* 2. ауыс. *Еш сыбдырсыз, жымжырт тыныштықта болу; маужырау.* 3. ауыс. *Мақұлдау, бас ию, қоштау.*

**МҮЛГІП-ҚАЛҒУ** *Мүлгіп-қалғы етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛГІП-ҚАЛҒЫ=** ет. *Ұйқылы-ояу, бей-жай күйде болу.*

**МҮЛГІП-ШҰЛҒУ** *Мүлгіп-шұлғы етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛГІП-ШҰЛҒЫ=** ет. *Мүлгіп-қалғу, ұйқылы-ояу күйде болу.*

**МҮЛГІР** сын. *Мүлгіген, маужыраған.*

**МҮЛГІС=** ет. *Ұйқылы-ояу, бей-жай күйде болысу, қалғып-шұлғысу.*

**МҮЛГІСУ** *Мүлгіс етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛГІТ=** ет. *Ұйқылы-ояу, бей-жай күйге енгізу, маужырату.*

**МҮЛГІТУ** *Мүлгіт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛДЕ** үст. 1. *Біржолата, үзілді-кесілді.* 2. *Тіптен, еш, бүтіндей.*

**МҮЛДЕМ** үст. сөйл. ***Мүлде.***

**МҮЛТ** зат. көне. *Қиыс, жаңсақ, жаңылыс; дәл емес.*

**Мүлт басты**. *Қателесті, шалыс басты, жаңылды.* **Мүлт жіберді**. *Қателесті, жаңылды.* **Мүлт жібермеді.** *Мұқият бақылады.* **Мүлт кетті.** а) *Дәл тигізе алмады.* ә) *Қателесті, жаңылды; дөп баспады.*

**МҮЛТСІЗ** сын. *Мүлт жібермейтін, қатесіз, дәл.*

**МҮЛТІГУ** *Мүлтік етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛТІК** зат. 1. *Кемістік, кем-кетік, ақау.* 2. ауыс. *Ештеңе, дым, түк деген мағынада.*

**МҮЛТІК=** ет. *Мүлт жіберу, мүлт басу, мүлт кету.*

**МҮЛТІКСІЗ** сын. *Ешқандай кемістіксіз, мінсіз.*

**Мүлтіксіз орындады.** *Бұлжытпай жасады, дәл айтқаны, ойындағысы, көздегеніндей етті.*

**МҮЛТІКСІЗДІК** зат. *Мүлтіксіз болушылық, кемістігі жоқтық, мінсіздік.*

**МҮЛІК** [ар. ملك] зат. 1. *Ірілі-уақты дүние, бұйым, жиһаз.* 2. *Жиған-терген байлық.* 3. заң. *Белгілі бір заңды немесе жеке тұлғаның иелігіндегі заттар мен материалдық құндылықтар-*

*дың жиынтығы; азаматтық құқықтардың материалдық нысаны.* **4.** заң. *Жеке адамның меншігіндегі немесе ұйымдардың оперативтік басқаруындағы заттар мен материалдық құндылықтардың жиынтығы.*

**Мүлік салығы**. қаржы-экон. *Меншікке салынатын салық – жылжитын және жылжымайтын мүліктен (жер, орман, үй, сауда және өнеркәсіп орындары, бағалы қағаздар, босалқы қорлар, жабдық, т.б.) алынатын төте салық түрі.* **Мүлікті есепке алу**. метр. *Мүліктің қатыстылығын айқындау, оның негізгі белгілерін суреттеу және техникалық жағдайын анықтау, сонымен қоса осы мүлікті бағалау мақсатымен есеп жүргізу.* **Мүлікті сақтандыру**. *Материалдық құндылықты қорғау нысаны болып табылатын сақтандыру түрі.* **Мүлікті тәркілеу**. заң. *Сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу.* **Мүлікті тұтқындау**. заң. *Мүліктерді тізбелеу және оларға билік етуге тыйым салу.*

**МҮЛІКБАСЫ** зат. *Тауар жайын айыра білетін білгір маман.*

**МҮЛІК-ЖИҺАЗ** зат. сөйл. *Дүние-мүлік.*

**МҮЛІК-МҮКӘЛМАН** зат. сөйл. *Дүние-мүлік.*

**МҮЛІК-САЙМАН** зат. сөйл. *Құрал-жабдық.*

**МҮЛІКСІЗ** сын. *Мүлкі жоқ.*

**МҮЛІКТЕЙ** сын. *Мүлік сияқты.*

**МҮЛІКТЕН=** ет. *Меншіктену, иелену.*

**МҮЛІКТЕНДІР=** ет. *Мүлікті еткізу, иелендіру.*

**МҮЛІКТЕНДІРУ** *Мүліктендір етістігінің қимыл атауы; меңгерту, тарату.*

**МҮЛІКТЕНУ** *Мүліктен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮЛІКТІК** сын. *Мүлік боларлық, дүниелік.*

**Мүліктік залал.** заң. *Зиян шектірудің немесе онымен жасасқан келісімшартты орындамаудың салдарынан жеке немесе заңи тұлғаның мүлкіне келтірілген залал.* **Мүліктік зиян.** құқық. *Жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның иелігіндегі мүлікті ұрлау, істен шығару, жою түрінде келтірілетін шығын.* **Мүліктік құқылар.** заң. *Мүліктерді иеленуге, пайдалануға және билік жүргізуге, сондай-ақ осы мүліктермен айырбас заттарын (тауарларды, қызмет түрлерін, ақшаларды, бағалы заттарды, т.б.) бөлу жөнінде экономикалық айналымға қатысушылар арасында туындайтын материалдық (мүліктік) талаптарға байланысты құқықтық қарым-қатынас жасаушылардың субъективтік құқылары.*

**МҮЛІКШЕ** үст. *Мүлік тәрізді, мүлік сияқты.*

**МҮМКІН** [ар. ممکن] мод. *Белгілі бір істің болу-болмау ықтималдығы; бәлкім. // Кейде солай болады, солай болуы ғажап емес деген мағынада.*

**Мүмкін баға**. экон. *Көп пайда аламын деген үмітпен табысы аз және тәуекелді инвестицияларды таңдау шығындары; инвестициялардың баламалы түрі бойынша ең жоғары табыс.* **Мүмкін болғанша**. *Бар мүмкіндікті пайдаланып, мүмкіндігінше.* **Мүмкін емес**. *Болу мүмкіндігі жоқ; іске асуы шүбәлі.*

**МҮМКІНДІГІНШЕ** үст. *Мүмкін болғанша, бар мүмкіндікті пайдаланып.*

**МҮМКІНДІК** зат. **1.** *Белгілі бір іске септігін тигізетін қолайлы жағдай.* **2.** ауыс. *Шама-шарық.*

**Мүмкіндік алды**. а) *Мүмкіндік берілді, рұқсат берілді.* ә) *Мүмкіндікке ие болды.* **Мүмкіндік бар [болды].** *Қолайлы жағдай жасалды.* **Мүмкіндік берді**. а) *Мүмкіндік жасады, жағдай туғызды.* ә) *Мүмкіндігі болды, жағдайы келді.* **Мүмкіндік бермеді [болмады].** *Бөгет болды, жағдайы келмеді, кедергі жасады.* **Мүмкіндік мол.** *Белгілі бір шараны, істі жүзеге асыруға жағдай жасалды, кедергілер көрінбейді, әдіс-жолдары баршылық деген мағынада.* **Мүмкіндік туғызды [тудырды].** *Жағдай жасады.*

**МҮМКІН-ҚАДАР** үст. сөйл. *Мүмкіндігінше, қолдан келгенінше.*

**МҮМКІНСІЗ** зат. *Мүмкін болмаушылық.*

**МҮМКІНШІЛІК** зат. *Мүмкіндік жағдай.*

**МҮМКІНІНШЕ** үст. *Мүмкін болғанша.*

**МҮНАЖАТ** зат. сөйл. ***Мінәжат*** *(дұға оқып, Алла тағалаға сиынғандық).*

**МҮНАФИҚ** сын. діни. *Екіжүзді, имансыз (адам).*

**МҮНӘЖЖІМ** [ар. منجم] зат. ескікіт. *Жұлдызға қарап бал ашушы, балгер, жұлдызнамашы.*

**МҮНӘСІП** [ар. مناسب] сын. көне. *Лайық, жарасымды.*

**МҮҢК** елік. *Бұрқ етіп мұрынға келген иісті бейнелейтін сөз.*

**Мүңк ете қалды**. *Жағымсыз, сасық иіс шықты.*

**МҮҢКУ** *Мүңкі етістігінің қимыл атауы.*

**МҮҢКІ=** ет. *Жағымсыз өткір иістің айналаға таралуы, жайылуы.*

**МҮҢКІР: мүңкір болды.** *Сенбеді, қарсы болды.*

**МҮҢКІР-НӘҢКІР** [ар. منكر نكير]. зат. діни. *Мұсылман уағызы бойынша, өлген адамды жерлеп, қабіршілер зираттан қырық қадам ұзап шыққан соң, адамнан сұрақ-жауап алып, күнәсін есептеп, тексеретін екі періштенің аты.*

**МҮҢКІР-НӘҢКІРДЕЙ** сын. *Мүңкір-нәңкір сияқты.*

**МҮҢКІР-НӘҢКІРШЕ** үст. *Мүңкір-нәңкір сияқтанып, мүңкір-нәңкірге ұқсап.*

**МҮҢКІС** сын. *Исі аңқыған, мүңкіген.*

**МҮҢКІТ=** ет. *Жағымсыз сасық иіс шығарту, бықсыту.*

**МҮҢКІТУ** *Мүңкіт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮҢСУ** *Мүңсі етістігінің қимыл атауы.*

**МҮҢСІ=** ет. сөйл. ***Мүңкі.***

**МҮҢСІК** сын. *Мүңкіген, сасық, иістенген.*

**МҮҢСІТ=** ет. *Жағымсыз иісті тарату, иістендіру, сасыту.*

**МҮҢСІТУ** *Мүңсіт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮП-МҮЛӘЙІМ** сын. *Мөп-момақан, жып-жуас.*

**МҮП-МҮСІНДІ** сын. *Әжептәуір сымбатты, кескінді, келбетті.*

**МҮПТИ** зат. сөйл. ***Муфти.***

**МҮРАССА** [ар. مرصع] сын. *Асыл таспен безендірілген.*

**МҮРДЕ** [ир. مرده] зат. **1.** *Өлік, мәйіт, өлген адамның денесі.* **2.** *Өліктің жерленген орны, мола, бейіт.*

**МҮРДЕДЕЙ** сын. *Өліктей, жансыз денедей.*

**МҮРДЕЛІ** сын. *Мүрдесі бар, қорым орналасқан.*

**МҮРДЕМ** [ир. مردن]: **мүрдем кет [кеткір].** қарғ. *Өл, қазаға ұшыра, сеспей қат, жан тапсыр!* **Мүрдем кетті.** *Жан тапсырды, сеспей қатты.* **Мүрдем кетірем.** *Мойныңды үзем, желкеңді қиям деген мағынада.* **Мүрдем қат [қатқыр]!** қарғ. *Қаза тап, өліп кет!*

**МҮРДЕТ** сын. сөйл. ***Мүртет.***

**МҮРДЕХАНА** [ир. مرده خانه] зат. **1.** *Өлген адамдар жерленетін орын; зират, бейіт.* **2.** *Өлікті қоятын орын, жай, бөлме, өлікхана.*

**МҮРДЕШІ** зат. *Көр қазушы, өлікті жерлеуге көмектесуші.*

**МҮРИД** [ар. مرید] зат. діни. **1.** *Діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт; ізбасар.* **2.** ауыс. *Шәкірт, ізбасар.*

**МҮРИТ** зат. діни. ***Мүрид.***

**Мүрит болды**. діни. *Иман, молдаға қол берді, шәкірт болды.*

**МҮРИТТЕЙ** сын. *Мүрит сияқты.*

**МҮРКӨБЕЛЕК** зат. зоол. *Ұрықтары шырша қабықтарының арасында өсіп жетілетін орман-тоғайға зиянкес насеком, жұлдызқұрт, көбелектер отрядына жататын жәндіктің түрі.*

**МҮРСҮН** зат. анат. *Адам құлағының жұмсақ етті төменгі бөлігі.*

**МҮРТ**: **мүрт кетті.** *Опық жеді, қапы қалды.*

**МҮРТЕТ** сын. **1.** діни. *Мүртат, діннен шыққан адам.* **2.** ауыс. *Екіжүзді, өтірікші.* **3.** сөйл. *Өзгергіш, тайғақ, өзімшіл.*

**МҮРТЕТТІК** зат. *Мүртет болушылық.*

**МҮСАЛДАТ: мүсалдат болу**. *Біреудің қолына қарау, тауқыметін біреуге арту.*

**МҮСӘЛЛА** зат. діни. *Құрбан айтқа құрбан шалатын күндері жалпы жұртшылықтың жиналып намазға ұйытын орны.*

**МҮСӘНИӘФ** зат. ескікіт. *Әдеби шығарма.*

**МҮСӘПІР**[1] [ар. مسافر] зат. **1.** көне. *Саяхатшы, жиһанкез; жол азабын тартып, қиындығын көрген жолаушы.* **2.** *Жоқшылық, кемтаршылық зардабын көп тартқан, бейшара, қарып-қасер.* **3.** ауыс. *Ел ақтап, қайыр-садақамен күнелтіп жүрген бейшара адам. // Бейшара, сорлы. // Жол азабын шегіп, бейшара күйге түскен.*

**Мүсәпір болды.** а) *Кіріптарлық күйге түсті, өмірден таршылық көрді, бейшара күйге түсті.* ә) *Кемтар, мүгедек болды.*

**МҮСӘПІРДЕЙ** сын. *Мүсәпір сияқты.*

**МҮСӘПІРЛЕН=** ет. *Мүсәпір болып көріну, мүсәпірсу.*

**МҮСӘПІРЛЕНДІР=** ет. *Мүсәпір ету, мүсәпірге айналдыру.*

**МҮСӘПІРЛЕНУ** *Мүсәпірлен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСӘПІРЛІК** зат. *Қарып-қасерлік, бейшаралық.*

**МҮСӘПІРСУ** *Мүсәпірсі етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСӘПІРСІ=** ет. *Мүсәпір, бейшара болғансу, мүләйімсу.*

**МҮСӘПІРСІТ=** ет. *Мүсәпір күйге түсіру, мүсәпірге айналдыру.*

**МҮСӘПІРСІТУ** *Мүсәпірсіт етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСӘПІРХАНА** зат. *Мүгедектерді бағыпқағуға, күтуге арналған мекенжай.*

**МҮСӘПІРШІЛІК** зат. *Мүсәпір болғандық, бишаралық.*

**МҮСӘТ**: **мүсәт етті**. *Қанағат етті, місе тұтты; шыдамдылық көрсетті.*

**МҮСӘТІР** зат. сөйл. ***Мүсатыр*** *(суда жақсы еритін мөлдір түсті кристалды зат; аммиак).*

**Мүсәтір спирті**. *Аммиактың судағы ерітіндісі.*

**МҮСӘТІРДЕЙ** сын. *Мүсәтір сияқты.*

**МҮСКІЛ** сын. сөйл. ***Мүшкіл.***

**МҮСКІН**[1] [ар. مسكين] сын. *Мүсәпір, ғарып.*

**МҮСКІН**[2] зат. ***Міскін*** *(тақыр кедей, өзін-өзі асырай алмайтын халдегі адам).*

**МҮСТАКИМ** зат. діни. *Алла тағаланың адам баласына Құранда көрсеткен тура жолы; мұстақим.*

**МҮСІЛІМ** [ар. مسلم] з а т. д і н и. *Ислам дініндегі адам, мұсылман.*

**МҮСІН**[1] з а т. *Әдетте әйелдерге қатысты денесінің келісті кескіні, пішін үйлесімділігі, сырт-көзге тартымдылығы.*

**Мүсіні бұзылды.** *Дене бітімі, сырт пішінінің келістілігіне нұқсан келді.*

**МҮСІН**[2] з а т. **1.** *Сыртқы бет-әлпет, келбет, пішін. // Дене, бәден.* **2.** ө н е р. *Белгілі біреудің бейнесін ағаштан ойып келтірген я металл тектес заттан құйып жасаған бейне, тұлға; «скульптура».*

**МҮСІНГЕР** з а т. *Мүсін тұрғызушы, мүсіндеуші, мүсінші.*

**МҮСІНДЕ=** е т. **1.** *Тастан, шойыннан, тағы басқа заттан адамның, жан-жануардың тұр-тұлғасын өзінен айнытпай кескінін тұрғызу, мүсінін жасау.* **2.** *Біреудің мүсінін әдемі, келісті етіп көрсету.* **3.** *Бір нәрсені әдемілеу, тартымды ету.* **4.** а у ы с. *Ақын-жазушылардың бір нәрсені көркем сөзбен бейнелеуі.*

**МҮСІНДЕЙ** с ы н. *Мүсін сияқты.*

**МҮСІНДЕЛ=** е т. **1.** *Кескіні тұрғызылу, мүсінінің жасалуы.* **2.** *Кескінделу, айшықталу, бейнелену.*

**МҮСІНДЕЛУ** *Мүсіндел етістігінің қимыл атауы; бейнелену, суреттелу.*

**МҮСІНДЕМЕ** з а т. *Бір нәрсенің мүсіні, кескіндеме.*

**МҮСІНДЕН=** е т. **1.** *Бейнелену, суреттелу.* **2.** *Келісті, әдемі көріну.*

**МҮСІНДЕНДІР=** е т. *Мүсінін келтіру, кескінін жақсарту.*

**МҮСІНДЕНДІРУ** *Мүсіндендір етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСІНДЕНУ** *Мүсінден етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСІНДЕС** с ы н. *Бейнелес, пішіндес, келбеттес.*

**МҮСІНДЕУ** *Мүсінде етістігінің қимыл атауы; бейнелеу, суреттеу, сомдау.*

**МҮСІНДІ** с ы н. *Сымбатты, кескінді, келбетті.*

**МҮСІНДІК** с ы н. *Мүсінге қатысты, соған тән.*

**МҮСІНДІЛІК** з а т. **1.** *Мүсінді болушылық, келбеттілік, әсемдік, әдемілік.* **2.** *Тартымдылық.*

**МҮСІНСІЗ** с ы н. *Келбетсіз, кескінсіз, көріксіз, ажарсыз.*

**МҮСІНХАНА** з а т. *Мүсін жасайтын шеберхана.*

**МҮСІНШЕ** ү с т. *Мүсін тәрізденіп, мүсінге ұқсап.*

**МҮСІНШІ** з а т. *Мүсін жасаушы (скульптор).*

**МҮСІНШІЛІК** з а т. *Мүсінші болушылық, мүсін жасаумен айналысушылық.*

**МҮСІР: мүсір қылыш.** к ө н е. *Безендірілген, берік, әсем қылыш.*

**МҮСІРЕ=** е т. с ө й л. ***Мүсірке.***

**МҮСІРКЕ=** е т. *Жаны ашу, аяушылық білдіру, есіркеу.*

**МҮСІРКЕГЕНДЕЙ** с ы н. *Мүсіркеген сияқты.*

**МҮСІРКЕГІШ** с ы н. *Есіркегіш, аягыш.*

**МҮСІРКЕН=** е т. **1.** *Жаны ашу, есіркеу.* **2.** *Мүсәпірлену, бейшаралану.*

**МҮСІРКЕРЛІК** с ы н. *Аяп, мүсіркей қалатындай.*

**МҮСІРКЕС=** е т. *Жаны ашысу, аяушылық білдірісу.*

**МҮСІРКЕСУ** *Мүсіркес етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСІРКЕТ=** е т. *Жанын ашыту, аяушылық білдірту, есіркету.*

**МҮСІРКЕТУ** *Мүсіркет етістігінің қимыл атауы.*

**МҮСІРКЕУ** *Мүсірке етістігінің қимыл атауы; жаны ашу, аяу, қиындық көрген адамды аяп, оған көмек көрсету әрекеті.*

**МҮСІРКЕУШІ** з а т. *Аяушылық білдіруші, есіркеуші.*

**МҮСІРКЕУШІЛІК** з а т. *Есіркеушілік, аяушылық.*

**МҮСІРКІ** с ы н. с ө й л. *Мүшкіл, мүсәпір.*

**МҮТ** з а т. к ө н е. *Ақы, қымбат зат.*

**МҮТӘЖӘЛ** с ы н. к ө н е. *Анық, ашық, айқын, жарық.*

**МҮТБАЛА** с ы н. с ө й л. ***Мүбтәла.***

**МҮТТАЙЫМ** [ар. متهم]. с ы н. *Екіжүзді сұм, зұлым, арам.*

**МҮТТАКАЛАМ** з а т. д і н и. *Діни ғұлама.*

**МҮТТӘЙІМ** с ы н. с ө й л. ***Мұттайым.***

**МҮТТӘҺӘМ** с ы н. **1.** к ө н е. *Айыпталушы, сезікті, күдікті, сотталушы.* **2.** а у ы с. *Оңбаған, сұм, екіжүзді.*

**МҮТТЕ** ү с т. с ө й л. ***Мүлде.***

**МҮТТЕМ** ү с т. к ө н е. *Әрдайым, үнемі; тұрақты, орнықты.*

**МҮТІЛ** ү с т. с ө й л. ***Бүкіл.***

**МҮФСИД** з а т. д і н и. **1.** *Басталған бір амалды бұзатын әрекеттер.* **2.** *Іріткі салушы, фитнәшіл.*

**МҮФТИ** [ар. مفتى] з а т. д і н и. *Шариғат жолын тұтынуға басшылық ететін, оның ішкі жұмыстарын басқаратын дін адамы.*

**МҮФТИЛІ** с ы н. *Мүфтиі бар.*

**МҮФТИЛІК** з а т. *Мүфти болушылық.*

**МҮФТИЯТ** [ар. مفتية] з а т. д і н и. *Мұсылмандар діни бірлестігінің, басқармасының кеңесуші органы.*

**МҮХЛАТ** [ар. مهلة] з а т. к і т а б. *Мүмкіндік, мұрсат.*

**МҮҺӘНДИС** з а т. к ө н е. *Жер өлшеуші, жер инженері.*

**МҮҺРІ** з а т. *Мөр.*

**МҮҺТӘДИ** с ы н. д і н и. *Тура жолды ұстанып, имандылыққа берілген.*

**МҮҺІМ** з а т. к ө н е. **1.** *Маңызды, мәнді іс.* **2.** а у ы с. *Қауіп-қатер, тәуекел.*

**МҮШАЙМАН** з а т. с ө й л. ***Пұшайман.***

**МҮШӘЙРА** [ар. مشاعرة] з а т. *Өнер жарысы, жазба ақындар сайысы.*

**МҮШЕ**[1] з а т. **1.** *Адам, жан-жануар денесінің басты бөлігі (қол, аяқ, көз, құлақ т.б.).* **2.** <грек. organon> б и о л. *Өзіне тән құрылысы болатын және арнайы қызмет атқаратын ағзаның бөлігі.* **3.** э т н. *Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сүбе, бұғана т.б.).* **4.** *Белгілі бір ұйымның, ұжымның, отбасының құрамына енетін адам.* **5.** *Алғашқы табиғи қалпы, уыз күйі.* **6.** м а т. *Жиынның қандай бір бөлігі.*

**Мүше берді**. а) *Мүшелі сүйекті табақ тартты.* ә) *Сыйлық тартты.* **Мүшелер жүйесі**. б и о л. *Құрылысы ұқсас, шығу тегі мен дамуы біркелкі және белгілі бір қызметтерді атқаруға мамандаңған мүшелер тобы.*

**МҮШЕ**[2] з а т. э т н. *Сыйлық, тарту-тарағы.*

**МҮШЕ-КОРРЕСПОНДЕНТ** з а т. ғ ы л. ***Корреспондент-мүше*** *(ғылымға сіңірген еңбегіне қарай бағаланып, сайлау арқылы берілетін ғылыми атақ, дәреже).*

**МҮШЕҚАҒАНАҚ** з а т. а н а т. *Ұрық талшық.*

**МҮШЕЛ** з а т. э т н. *Ескіше жыл қайтару есебі бойынша, адам жасының әрбір 12 жылдан кейінгі мөлшер-шамасы: 13, 25, 37, 49 т.б.*

**Мүшел жас**. *Әрбір 12 жылдан кейінгі жас.* **Мүшел той**. с ө й л. ***Мерейтой*** *(белгілі бір жыл мөлшерін, мысалы: 25, 50, 60, 70 т. б. жасқа толу мерзімін атап өту тойы).*

**МҮШЕЛДІ** с ы н. *Мүшелге толған, мүшел жасына келген.*

**МҮШЕЛЕ=** е т. *Мал етін бұзу, мүше-мүшеге бөлу.*

**МҮШЕЛЕН=** е т. **1.** *Мал етінің мүше-мүшеге бөлінуі.* **2.** *Дене мүшесі толысу, айқындалу.*

**МҮШЕЛЕНУ** *Мүшелен етістігінің қимыл атауы.*

**МҮШЕЛЕТ=** е т. *Мүше-мүшеге бөлдіру.*

**МҮШЕЛЕТУ** *Мүшелет етістігінің қимыл атауы.*

**МҮШЕЛЕУ** *Мүшеле етістігінің қимыл атауы.*

**МҮШЕЛІ** с ы н. **1.** *Денелі, келісті, сымбатты.* **2.** а у ы с. *Сыйлы, құрметті.*

**МҮШЕЛІК** з а т. *Белгілі бір ұйымға мүше болушылық; белгілі бір партияның, ұйымның құрамында болу.*

**Мүшелік билет**. *Белгілі бір ұйымға қатысты екендігін білдіретін ресми қағаз; құжат.* **Мүшелік жарна.** қ о ғ. -ә л е у м. *Белгілі бір ұйымға мүше ретінде төлейтін қаржы.* **Мүшелікке алынды**. *Мүше болып сайланды, құрамына кірді.* **Мүшелікке өтті**. *Белгілі бір ұйымға кірді.*

**МҮШКІЛ** [ар. مشكل] с ы н. *Жағдайы өте ауыр, нашар.*

**МҮШКІЛДЕН=** е т. *Хал-жағдайы нашарлану, сәтсіздікке ұшырау.*

**МҮШКІЛДЕНДІР=** е т. *Құлдырату, нашарлату.*

**МҮШКІЛДЕНУ** *Мүшкілден етістігінің қимыл атауы.*

**МҮШКІЛДЕУ** с ы н. *Нашарлау, қиындау.*

**МҮШКІЛДІК** з а т. *Халінің қиындығы, нашарлығы.*

**МҮШРИК** з а т. д і н и. ***Мүшірік*** *(мұсылман дініне қарсы шыққан адам.*

**МҮШТЕ =** е т. ***Мұштау.***

**МҮШТІК** о р. з а т. *Темекі тартуға арналған, іші қуыс түтік; мундштук.*

**МҮШТІКСІЗ** с ы н. *Мүштігі жоқ.*

**МҮШІРІК** [ар. مشرك] з а т. д і н и. *Көп құдайға табынушы, Аллаға серік қосушы.*

**МЫҒЫМ** с ы н. **1.** *Дене бітісі тығыршықтай, мықты.* **2.** а у ы с. *Қуатты, күшті.* **3.** а у ы с. *Өз ісіне мұқият, ұқыпты, берік, нық.*

**Мығым денелі.** *Тығыршықтай, мықты.*

**МЫҒЫМДА=** е т. **1.** *Барынша берік ету, мықтау.* **2.** а у ы с. *Қайталап айту, шегелеу, қатты тапсыру.*

**МЫҒЫМДАН=** е т. *Бекемдену, ширау.*

**МЫҒЫМДАУ**[1] с ы н. *Мықтылау, күштілеу.*

**МЫҒЫМДАУ**[2] *Мығымда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҒЫМДЫҚ** з а т. *Мықтылық, беріктік.*

**МЫҒЫМДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Мығымдық.***

**МЫҒЫМСУ** *Мығымсы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҒЫМСЫ=** е т. *Мықтымсу, күштісіну.*

**МЫҒЫМСЫН=** е т. *Мықты болғансу, мықтымсу.*

**МЫҒЫМСЫНУ** *Мығымсын етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҒЫМЫРАҚ** с ы н. *Мықтылау, күштірек.*

**МЫЖҒЫ=** е т. с ө й л. ***Мыжы.***

**МЫЖҒЫЛА=** е т. *Үсті-үстіне мыжу, езу, жаншу.*

**МЫЖҒЫЛАН=** е т. *Үсті-үстіне мыжылу, езілу, жаншылу.*

**МЫЖҒЫЛАНУ** *Мыжғылан етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖҒЫЛАС=** е т. *Мыжылысу, жаншылысу.*

**МЫЖҒЫЛАСУ** *Мыжғылас етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖҒЫЛАУ** *Мыжғыла етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖДА=** е т. *Езу, мыжу, жаншу.*

**МЫЖ-МЫЖ** е л і к . *Қыртыс-қыртыс жұмсақ заттың мыжылған күйін бейнелейтін сөз. // Әбден мыжылып, ұсқыны кеткен, қыпа-тықпасы шыққан. //* а у ы с . *Бетін әжім басқан, әбден қартайған.*

**Мыж-мыж болды**. *Қыртыстанды, мыжылып сәні кетті.* **Мыж-мыжы шықты**. *Әбден мұжылды, тозығы жетті.*

**МЫЖУ** *Мыжы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖЫ=** е т. **1.** *Жаныштау, езу; мыжғылау.* **2.** а у ы с . *Адам жалықтырарлық сөздерді айтып, көп сөйлеу; мезі ету.*

**МЫЖЫЛ=** е т. *Езілу, жаншылу.*

**МЫЖЫЛУ** *Мыжыл етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖЫҢ** с ы н . с ө й л . **1.** ***Мылжың*** *(көп сөйлейтін, сөзуар).* **2.** ж е р г . *Бос сөз, далбаса.*

**МЫЖЫҢДА=** е т. с ө й л . ***Мылжыңда***.

**МЫЖЫҢДАУ** *Мыжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖЫРАЙ=** е т. **1.** *Әбден мұжылып, тозығы жету, сәні кету.* **2.** а у ы с . *Ауыр тұрмыстан езіліп-жаншылу, бет-аузын әжім басу; қиқы-жиқы болу.*

**МЫЖЫРАЙТ=** е т. *Жаншу, жапырайту.*

**МЫЖЫРАЙТУ** *Мыжырайт етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖЫРАЮ** *Мыжырай етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЖЫРЫЛ=** е т. с ө й л . ***Мыжыл***.

**МЫЖЫРЫЛУ** *Мыжырыл етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЗҒУ** *Мызғы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЗҒЫ=** е т. *Көз шырымын алу, азғана ұйықтау.*

**МЫЗҒЫМА=** е т. *Орнынан қозғалмау, тапжылмау, былқ етпеу.*

**МЫЗҒЫМАС** с ы н . *Тапжылмайтын, өзгермейтін, берік.*

**МЫЗҒЫМАСТЫҚ** з а т . *Беріктік, мықтылық.*

**МЫЗҒЫМАУ** *Мызғыма етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЗҒЫТ=** е т. **1.** *Көз шырымын алдыру, азғана ұйықтату.* **2.** а у ы с . *Қозғалту, жылжыту.*

**МЫЗҒЫТУ** *Мызғыт етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЗЫЛ=** е т. с ө й л . *Сызылу, қылымсу.*

**МЫҚ**[1] [ир. میخ] з а т . *Уақ шеге.*

**Мық шегедей**. *Тырп еткізбейтін, бұлтартпас тапжылмайтын.* **Мық жусан**. ө с . *Түбірлі жусан.*

**МЫҚ**[2]**: мықтың үйі.** к ө н е . *Өте байырғы мәдениеттен қалған, басқа мәдениеттерге ұқсамайтын ұжымдық, әлеуметтік т.б. көне жерлеудің тақта тастармен жабылып қоршалған түрі.*

**МЫҚ**[3] з а т . ө с . *Тауда өсетін ағаштардың бір түрі.*

**МЫҚАН: мықан ағаш.** м и ф . *Жер мен көкті қосып тұратын қасиетті алып ағаш, бәйтерек, өмір ағашы.*

**МЫҚАНАҒАШ** з а т . м и ф . *Әулие ағаш, бәйтерек.*

**МЫҚАНШЫ** з а т . с ө й л . *Диқан, егінші.*

**МЫҚИ** з а т . с а я т . *Арқасы қара қоңыр, бауыры ақ, қоңыр жолақты жыртқыш құс.*

**МЫҚИ=** е т. с ө й л . ***Мықши***.

**МЫҚТА=** е т. *Бір нәрсені берік қылып, мықты етіп бекіту; тас қылу.* **2.** а у ы с . *Аямау, жазалау, жаны ашымау.*

**МЫҚТАҒАНДА** ү с т . *Ең әрі кеткенде, көп дегенде, ең әрісі.*

**МЫҚТАЙ** с ы н . **1.** *Шегедей.* **2.** а у ы с . *Жақсы, ойдағыдай.*

**МЫҚТАЛ=** е т. *Бекітілу, байлану.*

**МЫҚТАЛУ** *Мықтал етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТАН=** е т. *Бекемдену, қайраттану.*

**МЫҚТАНУ** *Мықтан етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТАП** ү с т . **1.** *Ерекше, бөлек.* **2.** *Әбден, жеріне жеткізе, келістіріп.*

**Мықтап қолға алды**. *Бітіретін, нәтиже шығаратын болды.* **Мықтап ойлау**. *Қатты мән беру, маңызды іске айналдыру, кезек күттірмейтін шара қолдану.* **Мықтап түсті.** *Шындап кірісті, қолға алды.*

**МЫҚТАСА** ү с т . *Әрі кеткенде, асып кетсе.*

**МЫҚТАТ=** е т. *Күшейту, бекемдету.*

**МЫҚТАТТЫР=** е т. *Қадағалап тапсыру, мықтау.*

**МЫҚТАТТЫРУ** *Мықтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТАТУ** *Мықтат етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТАУ** *Мықта етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТЫ** с ы н . **1.** *Күшті, қуатты, әлді; қолында билік-байлық бар. // Күшті, әлді адам.* **2.** *Берік, бекем.*

**Мықты дамыды**. *Күшті, қарқынды өсті, үлкен жетістіктерге жетті.* **Мықты деген**. *Күшті, шебер дегендерің таңдаулысы.* **Мықты кіндік**. к і т . *Бір ортадан басқаратын билік, орталық.*

**МЫҚТЫ** ү с т . *Өте, тіпті.*

**МЫҚТЫЛАУ** с ы н . *Беріктеу, әлділеу.*

**МЫҚТЫЛЫҚ** з а т . *Күштілік, қуаттылық, беріктік, бекемдік.*

**Мықтылық етті.** *Күш көрсетті, кеуде қақты.*

**МЫҚТЫМСУ** *Мықтымсы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТЫМСЫ=** е т. *Мықты, берік болғансу.*

**МЫҚТЫМСЫН=** е т. *Өзін мықты санау, мықтысыну.*

**МЫҚТЫМСЫНУ** *Мықтымсын етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚТЫРАҚ** с ы н . *Әлділеу, мықтылау.*

**МЫҚТЫСЫН=** е т. *Мықты болғансу, күштісіну.*

**МЫҚТЫСЫНУ** *Мықтысын етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚШИ=** е т. *Белі бүгілу, бүктетілу.*

**Мықшима етік.** э т н . *Өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқиған, қонышы, өкшелігі көксауырланып, тұмсығына қатыра салынып әдемілеп тігілген биік өкшелі саптама етік.*

**МЫҚШИТ=** е т. *Бүктеу, бүгу.*

**МЫҚШИТУ** *Мықшит етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚШИЮ** *Мықши етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚШЫҢДА=** е т. *Ауыр салмақтың, жүктің әсерінен аяқты әзер алып жүру, мықшыңмықшың ету.*

**МЫҚШЫҢДАТ=** е т. *Ауыр салмақтың, жүктің әсерінен мықшың-мықшың еткізу.*

**МЫҚШЫҢДАТУ** *Мықшыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚШЫҢДАУ** *Мықшыңда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚЫМ: мықым бол.** *Берік, бекем бол.*

**МЫҚЫН** з а т . а н а т . *Дененің беломыртқа тұсындағы оң және сол жағы.*

**Мықынынан ырғақтады.** *Бұраңдап жағымпазданды, масайрады.*

**МЫҚЫНДЫ** с ы н . *Мықыны шығыңқы, қомақты.*

**МЫҚЫНДЫҚ** з а т . *Мықын тұсы.*

**МЫҚЫНДЫЛАУ** с ы н . *Мықыны қомақтылау, шығыңқылау.*

**МЫҚЫНСЫЗ** с ы н . *Мықыны шығыңқы емес, білінбейтін.*

**МЫҚЫР**[1] з а т . ө с . *Мық жусан.*

**МЫҚЫР**[2] с ы н . **1.** *Бойы қысқа, тапал, қортиған.* **2.** *Қораш, аласа.*

**Мықыр бой**. *Тапал, мыртық бой.*

**МЫҚЫРАЙ=** е т. *Қортию, тайпию, мыртию.*

**МЫҚЫРАЮ** *Мықырай етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҚЫРЛАУ** с ы н . *Бойы аласалау, қысқалау.*

**МЫЛЖА** з а т . *Мылжа-мылжасы шыққан, мылжаланған күй.*

**Мылжа етті.** *Езді, жаншыды, мылжа-мылжасын шығарды.*

**МЫЛЖАЛА=** е т. **1.** *Мылжа-мылжасын шығару, езу, езгілеу.* **2.** а у ы с . *Тас-талқан ету.*

**МЫЛЖАЛАН=** е т. *Езілу, жаншылу.*

**МЫЛЖАЛАНУ** *Мылжалан етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛЖАЛАУ** *Мылжала етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛЖЫҢ** з а т . **1.** *Ешқандай мән-мағынасы жоқ, көпірме бос сөз.* **2.** *Бос, мәнсіз сөздерді көп айтатын адам.*

**МЫЛЖЫҢБАЙ** з а т . э к с п р . *Көп сөзді адам, мылжың.*

**МЫЛЖЫҢДА=** е т. *Не болса соны сөйлеу, көкезулікке салыну.*

**МЫЛЖЫҢДАС=** е т. *Көкезуленіп, көп сөйлесу.*

**МЫЛЖЫҢДАСУ** *Мылжыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛЖЫҢДАТ=** е т. *Көп сөйлету, көкезулендіру.*

**МЫЛЖЫҢДАТУ** *Мылжыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛЖЫҢДАУ**[1] с ы н . *Бос сөзге үйірлеу, көпсөзділеу.*

**МЫЛЖЫҢДАУ**[2] *Мылжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛЖЫҢДЫҚ** з а т . *Бос сөзге салынушылық, көкезулік.*

**МЫЛҚАУ** с ы н . **1.** *Құлағы естімейтін, сөйлеу қабілетінен айырылған кісі; тіл-аузы жоқ адам.* **2.** а у ы с . *Еш нәрсені түсінгісі келмейтін, меңіреу адам.*

**МЫЛҚАУЛАН=** е т. *Мылқау қалпына түсу, сөйлей алмау.*

**МЫЛҚАУЛАНУ** *Мылқаулан етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛҚАУЛАУ** с ы н . *Жақсы сөйлей алмайтын, тілі кемістеу.*

**МЫЛҚАУЛЫҚ** з а т . *Сөйлей алмаушылық, тілі кемістік.*

**МЫЛҚАУСУ** *Мылқаусы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫЛҚАУСЫ=** е т. *Мылқау болғансу, мылқау тәріздену.*

**МЫЛҚАУША** үст. *Мылқау тәрізденіп, мылқауға ұқсап.*

**МЫЛТЫҚ** зат. **1.** *Сүмбесі, дүмі бар, оқпен атылатын соғыс қаруы.* **2.** этн. *Оқпен атылатын қазақтың батырының соғыс жарағының бес қаруының бірі [Атыспақ – мылтық, шабыспақ – қылыш, балта, түйреспек – найза, салыспақ – шоқпар].*

**Мылтық аузын қандады.** этн. *Аңға шыққанға жолы болып, аң іліксін деген ниетпен жасалатын ырым.* **Мылтық басу.** *Ату, оқ шығару.* **Мылтық биледі.** *Қарудың күшімен басқарды.* **Мылтықты құрды.** *Мылтықты оқтады.* **Мылтықтың басуына маралдың [құлан-шық] қасынуы дәл келді.** *Бір істің орайына қарай екіншісі де сәйкесіп кетті.*

**МЫЛТЫҚСЫЗ** сын. *Мылтығы жоқ, мылтық ұстамаған.*

**МЫЛТЫҚТЫ** сын. *Мылтығы бар, мылтық асынған.*

**Мылтықты мерген.** *Атқанынан жаңылмайтын мылтықпен қаруланған әскер жасағы, атқыш немесе аңшы.*

**МЫЛТЫҚША** үст. *Мылтық тәрізді, мылтыққа ұқсап.*

**МЫЛТЫҚШЫ** зат. *Мылтық атушы жасақ.*

**МЫНА** есім. *Жақын аралықты, маңайды нұсқап көрсететін сілтеу есімдігі; осы, мынау.*

**Мына [мынау] деген.** сөйл. экспр. *Ортан қолдай, маңдайалды.*

**МЫНАДАЙ** үст. *Мына сияқты, осындай.*

**МЫНАНДАЙ** есім. сөйл. ***Мынадай.***

**МЫНАУ** есім. **1.** *Мына, осы.* **2.** *Міне, мінеки. // Осы кісі, осы адам.*

**Мынау деген.** сөйл. экспр. *Таңдаулы, мақтаулы, айтулы.*

**МЫҢ** сан. **1.** *Он жүздің қосындысынан тұратын есептік сан.* **2.** *Өте көп, қыруар.*

**Мың алғыс [мың да бір рақмет].** *Көп рақмет.* **Мың асқанға бір тосқан.** *Менменсіген, көкірек керген кісі де тобасына бір келеді деген мағынада.* **Мың батпан.** *Өте ауыр, салмақты.* **Мың болғыр.** тілек. *Көңілі толып, риза болғанда айтылатын, көп жаса, ұзақ өмір сүр деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Мың бұралды.** а) *Ирелеңдеп сан бұрылыс салды.* ә)*Ұзақ сыланып-сипанды, сәндеңді.* б) *Құйқылжып, толқып, шарықтады.* **Мың бір түн ертегісіндей.** *Қиялға толы, ғажайып.* **Мыңға балады.** *Аса қатты қадірледі, ешкімге теңгермеді.* **Мыңға татыр.** *Мың адамға барабар, жойқын күшті.* **Мың да бір ем [дауа].** *Қажетті, құнды дәру, таптырмас дәрі, нағыз ем.* **Мың да бір зәру.** *Іздесе таптырмайтын, ең керектісі, қажеттісі.* **Мыңды айдады.** *Байлығы мол болды.* **Мың жара болды.** *Қайғы-қасіретке толды.* **Мың жаса.** тілек. *Ұзақ өмір сүр, көп жаса деген мағынада.* **Мың жасады.** *Ұзақ өмір сүрді, көп жасады.* **Мың жерден.** *Қанша жерден, мүлде деген мағынада.* **Мыңды бастаған серке.** бейн. *Халықты, көпшілікті бастаған, соңынан ерткен абыройлы басшы.* **Мың құбылды.** *Алуан түрге енді, түрленді, құбылды, әртүрлі ырғаққа түсіп құйқылжыды.* **Мың құлпырды.** *Түрленді, жайнады.* **Мың мәртебе.** *Шексіз, көп (алғыс).* **Мыңнан біреу.** *Өте сирек, ілуде біреу.* **Мыңнан шыққан, жүзден озған.** *Көптен озған жүйрік, шешен.* **Мың нұсқа.** бейн. *Тәжірибе боларлық алуан-алуан түрлі үлгі, сансыз өнеге аларлық құбылыс деген мағынада.* **Мың ойланып, жүз толғанды.** *Әбден байыбына жетіп, терең ойланды.* **Мың сайтан, жүз пәлекет қамады.** *Сан түрлі пәле, қиындық, ауыртпалыққа тап болды.* **Мың саққа жүгіртті.** *Неше құбылтты, түрлендірді.* **Мың сан.** *Есепсіз, сансыз, өте көп.* **Мың сан құбылды.** *Түрлі түске боялды, қайта-қайта өзгерді.* **Мың сәлем.** *Бар көңілден шексіз ықыласпен амандық тілеушілік.* **Мың түрлі.** *Түрі өте көп, сансыз түрлі.* **Мың түрлі күйге салды.** *Құбылтты, құйқылжытты.* **Мың шүкір.** діни. *Құдайға қолында барына, амандығына немесе несібесінің, ризығының молаюына т.б. айтылатын ризашылық сөз.*

**МЫҢБАС** зат. өс. *Басы ақ бүршікті, сабағы бұтақты, ұзындығы жарты метрдей көк, сары түсті өсімдік.*

**МЫҢБАСЫ** зат. көне. әск. *Ертедегі бір мың жауынгердің басшысы.*

**МЫҢБАСЫЛЫҚ** зат. көне. әск. *Мыңбасы қызметі, мыңбасы болушылық.*

**МЫҢБЕГІ** зат. тар. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы елбилеуші, ауқатты әлеуметтік топ өкілі лауазымының бірі.*

**МЫҢҒЫ-ДЫҢҒЫ** елік. *Есі шығып, еті қашқан дел-сал күйді бейнелейтін сөз. // Меңзең, дел-сал.*

**МЫҢҒЫР=** ет. *Жер беті қайысу, көбею, молаю, қаптау.*

**МЫҢҒЫРА=** ет. сөйл. ***Мыңғыр.***

**МЫҢҒЫРАТ=** ет. сөйл. ***Мыңғырт.***

**МЫҢҒЫРАУ** зат. көне. қолөнер. *Біздің бір түрі.*

**МЫҢҒЫРҒАН** сын. *Жер беті қайысқан, қалың, көп.*

**Мыңғырған бай.** *Мыңды айдаған бай.*

**МЫҢҒЫРТ=** ет. *Жер қайыстыру, көбейту.*

**МЫҢҒЫРТУ** *Мыңғырт етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҢҒЫРУ** *Мыңғыр етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҢҒЫТ** зат. жерг. *Еш нәрсенің ыңғайын, жөнін білмейтін, топас, кеще.*

**МЫҢДАҒАН** сын. *Өте көп, мыңдай.*

**МЫҢДАЙ** сын. *Мың мөлшеріндей, шамасындай, мыңға жуық. // Мыңға жуық адам.*

**МЫҢДАП** үст. *Мың-мың болып, көптеп.*

**Мыңдап жылқы айдады.** *Жылқысы өте көп болды.*

**МЫҢДЫҚ** зат. мат. *Мыңның құрамына кіретін сандардың жиынтық атауы.*

**МЫҢЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. achillea> *Хош иісті, гүлдері кішкене, ащылтым дәмі бар, көпжылдық жабайы өсімдік.*

**МЫҢЖЫЛДЫҚ**[1] зат. *Мың жыл көлеміндегі уақыт аралығы.*

**МЫҢЖЫЛДЫҚ**[2] зат. өс. *Көп жыл жасайтын шөптердің бір түрі.*

**МЫҢҚ** елік. *Мұрыннан қысылып шыққан қысқа дыбысқа ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

**Мыңқ етпеді [етер емес, еткен жоқ].** а) *Ешқандай дыбыс шығармады, жақ ашпады, мелшиді.* ә) *Бұлқ етпеді, елең қылмады.*

**МЫҢҚ-МЫҢҚ** елік. *Мұрыннан қысылып шыққан қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Мыңқ-мыңқ етті [үндеді].** *Түсініксіз сөйледі, міңгірледі.*

**МЫҢҚОЙ** зат. анат. *Мұрын қуысындағы нәзік шеміршек.*

**МЫҢҚЫЛ** зат. *Анық-айқын естілмей, мұрыннан шыққан сөз, дыбыс.*

**МЫҢҚЫЛДА=** ет. *Мыңқ-мыңқ ету, міңгірлеу.*

**МЫҢҚЫЛДАҚ** зат. мед. *Тыныс жолының ауруы, кеселі.*

**МЫҢҚЫЛДАС=** ет. *Міңгірлесу, мыңқ-мыңқ етісу.*

**МЫҢҚЫЛДАУ** *Мыңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫҢ-МИЛЛИОН** сын. *Көптеген, миллиондаған. // Көптеген, миллиондаған адам.*

**МЫҢ-МЫҢ** сын. *Көп, сансыз, қалың. // Көп ақша, сансыз дәулет.*

**МЫҢ-МЫҢДАҒАН** сын. *Бірнеше мыңдаған, өте көп.*

**МЫҢ-МЫҢДАП** үст. *Бірнеше мыңдап, көптеп.*

**МЫҢ-МЫҢНАН** үст. *Бірнеше мыңдап, көптеп.*

**Мыңнан тұлпар [Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар].** *Елден ерек, айрықша, озық.*

**МЫҢСАЙРАМ** сын. поэт. *Құлпырған, жайнаған, жайқалған, құстары сайраған (бақ).*

**МЫҢТАМЫР** зат. өс. сөйл. *Жол бойында, арық жиегінде өсетін дәрілік өсімдік; жолжелкен.*

**МЫҢТӨКІМ** сын. жерг. *Қақ-соғы жоқ, біртоға.*

**МЫҢЫНШЫ** сан. *Тоғыз жүз тоқсан тоғыздан кейін келетін реттік сан есім.*

**МЫҢЫРҒАҚ** зат. қолөнер. *Ұшы қашау тәрізді қайырылған болат біз.*

**МЫРҒАЙ** зат. *Кеніш, молшылық, байлық.*

**МЫРҒАЙДАЙ** сын. *Мырғай сияқты, мырғай тәрізді.*

**МЫРҒАМ** зат. *Отты, шөбі шүйгін жер.*

**Мырғамға батты.** жерг. *Қарық болды, кенелді.* **Мырғам жер.** жерг. *Малға қолайлы жер, отты жер.*

**МЫРҒАЯҚ** зат. өс. *Қырыққұлақтың таулы жерде өсетін түрі; тау қырыққұлағы.*

**МЫРЖИ=** ет. *Мыж-мыж болу, мыжырау.*

**МЫРЖИЮ** *Мыржи етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРЖЫҚ** сын. экспр. *Ұсқыны кеткен, мыжырайған.*

**МЫРЖЫҚТАЙ** сын. *Мыржық сияқты, мыржық тәрізді.*

**МЫРЗА** [ар. میرزا] зат. **1.** *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауқатты, беделді әлеуметтік топ өкілі және соларды мадақтау мәніндегі атау. // Қашан да дастарқаны мол, жомарт.* **2.** этн. *Бай, дәулетті, беделді адамның ұрпағына құрметтеу нышанында қолданылатын атау.* **3.** ауыс. *Қолы ашық, жомарт адам.*

**Мырза атанды.** *Беделі артты, құрмет пен дәулетке ие болды.* **Мырза жігіт.** *Қолындағы барын аяп қалмайтын, соңғы нанын жолдасымен бөлісіп жейтін, дүниенің бетіне қарамайтын, қолы ашық, жомарт, паң жігіт.* **Мырза күз.** *Дәнді дақылдар мен жемістің пісіп молайған мезгілі.* **Мырза мінез.** *Жайдары, ашық, ақжарқын.*

**МЫРЗАБАЙЛА=** ет. *Ұрмай-соқпай, жіпсіз байлап ұстау.*

**МЫРЗАБАЙЛАП** үст. *Ақырындап, суыртпақтап.*

**МЫРЗАБАЙЛАУ** *Мырзабайлай етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРЗАЖЕЛ** зат. экспр. жерг. *Жай, ақырын соққан жел.*

**МЫРЗАҚАМАҚ** зат. заң. *Тұтқындалған, қамауға алынған адамдарды бостандықта ұстау, еркін қамау түрі.*

**МЫРЗАҚОСПАҚ** зат. түйешар. *Балқоспақ пен бурадан туған будан, нардың үшінші ұрпағы.*

**МЫРЗАЛЫҚ** зат. **1.** *Бектік, ауқатты, бай адамға тән қасиет.* **2.** *Беделділік, ұлықтық, кеңдік, тектілік.* **3.** *Қолы ашықтық, жомарттық.*

**Мырзалық етті [істеді].** *Жомарттық жасады.* **Мырзалық көрсетті.** *Жомарттық жасады, ілтипат көрсетті.*

**МЫРЗАСУ** *Мырзасы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРЗАСЫ=** е т. *Мырза болғансу.*

**МЫРЗАСЫМАҚ** с ы н. э к с п р. *Мырза сөзінің қомсынып айтылған түрі.*

**МЫРЗАСЫН=** е т. *Мырза болғансу.*

**МЫРЗАСЫНУ** *Мырзасын етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРЗАТЕРЕК** з а т. ө с. *Сымбатты, түзу өсетін ақ терек.*

**МЫРЗАТҰЙҒЫН** з а т. с а я т. *Салт құсының қанатының түсіне қарай ақ пен қараның ортасындағы түстілерінің атауы.*

**МЫРЗЕКЕҢ** з а т. э к с п р. *Мырза сөзінің құрметпен айтылуы.*

**МЫРҚАМ** з а т. ж е р г. *Байлық, дәулет.*

**МЫРҚЫМБАЙ** з а т. *Кедей-кепшік, жалшы-жақыбай Б.Майлин шығармалары арқылы енген, қатардағы қара.*

**МЫРС** е л і к. *Кекетіп, мұқатқанда кекесін түрінде шығатын қысқа дыбыс.*

**Мырс етті.** *а) Миығынан күлді, жымың етті. ә) Кекете күлді.*

**МЫРС-МЫРС** е л і к. *Миығынан күлгендегі қысқа қайталама дыбыс.*

**Мырс-мырс күлді.** *Қайта-қайта мырсылдап күлді, мазақтады.*

**МЫРСЫЛ** з а т. *Болар-болмас естілген күлкі.*

**МЫРСЫЛДА=** е т. *Мырс-мырс етіп күлу.*

**МЫРСЫЛДАС=** е т. *Мырс-мырс етісу.*

**МЫРСЫЛДАУ** *Мырсылда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРСИ=** е т. с ө й л. *Алдану, санын соғып қалу.*

**МЫРСИЮ** *Мырси етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРСЫН** з а т. *Үргашы мысық.*

**МЫРСЫНДАЙ** с ы н. *Мырсын сияқты, мырсын тәрізді.*

**МЫРТЕСЕ** с ы н. ж е р г. *Аласа бойлы, тапал.*

**МЫРТИҒАН** с ы н. **1.** *Аласа, төртпақ.* **2.** *Қысқа, шолақ.* **3.** *Тапал.*

**МЫРТЫҚ[1]** з а т. ө с. с ө й л. *Құмда өсетін шөптердің бір түрі.*

**МЫРТЫҚ[2]** с ы н. *Бойы аласа, тапал.*

**Мыртық бойлы.** *Аласа бойлы, төртбақ.* **Мыртық денелі.** *Тапал, қысқа.* **Мыртық саусақ.** *Быртиған, қысқа саусақ.*

**МЫРТЫҚТАУ** с ы н. *Бойы аласалау, қысқалау.*

**МЫРТЫҢДА=** е т. *Мыртың-мыртың етіп жүре алмау, бортаңдау.*

**МЫРТЫҢДАУ** *Мыртыңда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРШАЙ** з а т. *Түлкінің күшігі.*

**МЫРШЫМ** з а т. э т н. к ө н е. *Алқа-қотан отырған қыз-бозбаланың жүзікті аузына салып, жасырып ойнайтын ұлттық ойыны.*

**МЫРЫҚ[1]** з а т. *Өзен, көл жағалауларындағы қаз, үйректер оттайтын саздау жердегі жасық өлеңшөп.*

**МЫРЫҚ[2]** с ы н. **1.** а у ы с. *Аласа келген, қысқа, тапал, мыртық.* **2.** э к с п р. *Қолынан ештеңе келмесе де іс тындырған болып жүретін пысықай, нашар адам.*

**МЫРЫЛДА=** е т. *Пыр-пыр ету, пырылдау.*

**МЫРЫШ** з а т. **1.** х и м. *Көгілдір ақ түсті, төзімді металл.* **2.** *Қымбат емес, арзан дүние.*

**МЫРЫШТА=** е т. *Мырыш жалату, мырышпен қаптау.*

**МЫРЫШТАЛ=** е т. *Мырыш жалату, мырышпен қаптау.*

**МЫРЫШТАУ** *Мырышта етістігінің қимыл атауы.*

**МЫРЫҢ** с ы н. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Ынжық, ез.*

**МЫС** [ир. مس] з а т. х и м. *Қақтауға төзімді, қызғылт, жылтыр түсті металл.* **2.** а у ы с. *Сапасыз, нашар, төмен.*

**Мыс балқыту [қорыту] зауыты [заводы].** х и м. *Мысты балқытып, қорытатын зауыт.* **Мыс кені.** к е н. *Мыс шоғырланған, қорланған жер.* **Мыс қорытатын пештер.** к е н. *Мысты балқытып, қорытуға арналған пеш.*

**МЫСА** з а т. к ө н е. *Ашу, қаһар.*

**МЫСАЛ[1]** [ар. مثال] з а т. **1.** *Бір нәрсені анықайқын түсіндіру үшін сөз араларында келтіретін дәйек.* **2.** *Дерек, дәлел.*

**Мысал болды.** *Үлгі болды, ел аузына тарады.* **Мысалға алды**. *Дәйектеме, дәлел етіп алды.* **Мысал етті [қылды]**. *Дәлел, айғақ етіп көрсетті.* **Мысал келтірді**. *Сендіретін дәлел айтты, нақты істі алға тартты.* **Мысал үшін.** к і т. *Мәселенки, мысалға алғанда.*

**МЫСАЛ[2]** з а т. ә д е б. *Үлгі-тәрбие аларлық мәні бар, астарлы сықақ; өлең, әңгіме.*

**МЫСАЛДА=** е т. *Мысал келтіре отырып айту, дәйек келтіру.*

**МЫСАЛДАС** с ы н. *Тәріздес, сияқты.*

**МЫСАЛШЫ** з а т. *Мысал жазушы.*

**МЫСАЛШЫЛ** с ы н. *Мысал жазуға әуес, мысал жазғыш.*

**МЫСКЕР** з а т. *Мыстан түрлі заттар жасайтын адам.*

**МЫСҚАЗАН** з а т. к е н. *Мыс қорытылатын қазан.*

**МЫСҚАЗАНДАЙ** с ы н. *Мысқазан сияқты.*

**Мысқазандай қайнады.** а) п о э т. *Күйінді, ашынды, өртенді.* ә) *Ушықты, шиеленісті.* **Мысқазандай қайнатты.** б е й н. *Қатты ойландырды, басын дал қылды.*

**МЫСҚАЛ** [ар. مثقال] з а т. э т н. **1.** *Жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі (бір қадақта 96 мысқал бар).* **2.** а у ы с. *Болар-болмас, шамалы.*

**Мысқал ату.** э т н. *Жамбы лақтыру.*

**МЫСҚАЛДА=** е т. **1.** *Мысқал-мысқал етіп өлшеу.* **2.** *Аз-аздау, там-тұмдау.*

**МЫСҚАЛДАЙ** с ы н. **1.** *Мысқал сияқты, мысқал тәрізді.* **2.** *Болар-болмас, кішкентай, азғантай.*

**МЫСҚАЛДЫҚ** с ы н. *Мысқалға татырлық, жетерлік.*

**МЫСҚЫЛ[1]** з а т. **1.** *Күлкі аралас сықақ, келеке, шенеу.* **2.** *Кекесін, әжуа.*

**Мысқыл айтты.** *Мысқылдады, қалжыңдады.* **Мысқыл етті.** *Мысқылдады, қалжың етті, шенеді, мазақтады.* **Мысқыл күлкі.** *Зілді, кекесінді күлкі.* **Мысқыл садағына түйреді**. *Ащы мысқылымен ажуа етті.* **Мысқыл сөз.** *Біреудің намысына тиетін, келеке ететін әңгіме.* **Мысқылына оралтты.** *Мысқылдады, кекетті, әжуалады.*

**МЫСҚЫЛ[2]** з а т. м е д. ***Мерез*** *(тамаққа жара түсіп, іріңдеп жүретін ауру).*

**МЫСҚЫЛ-АЖУА** з а т. *Мысқыл, мазақ, кекесін.*

**МЫСҚЫЛДА=** е т. *Мысқыл айту, шенеу.*

**МЫСҚЫЛДАН=** е т. *Мысқылға алыну, шенелу.*

**МЫСҚЫЛДАУ** *Мысқылда етістігінің қимыл атауы.*

**МЫСҚЫЛДАУШЫ** з а т. *Мысқыл айтушы, сықақтаушы.*

**МЫСҚЫЛДЫ** с ы н. *Мысқылы бар, мысқыл араласқан.*

**МЫСҚЫЛ-МАЗАҚ** з а т. *Мысқыл, ажуа, мазақ.*

**МЫСҚЫЛСЫЗ** с ы н. *Мысқылы жоқ, кекесінсіз.*

**МЫСҚЫЛШЫ** з а т. *Мысқыл айтушы, мысқыл жазушы.*

**МЫСҚЫЛШЫЛ** с ы н. *Мысқыл айтуға шебер, сықақшыл. // Мысқылдауға шебер, сықақшы адам.*

**МЫСҚЫЛШЫЛЫҚ** з а т. *Мысқыл айтқыштық, ажуашылық.*

**МЫС-МЫС: мыс-мыс қылды.** *Құлпыртты, жайнатты, үлде мен бүлдеге ораді.*

**МЫСТАН** з а т. **1.** ә д е б. ***Мыстан кемпір.*** **2.** а у ы с. *Айлалы, арамза әйел.* **3.** а у ы с. ж а ғ ы м д ы. *Құ, айлалы, жасы келген әйел.*

**Мыстан кемпір.** а) ә д е б. м и ф. *Шашы жалбыраған, аузы опырайған, мүсәпір кемпір кейпіндегі ертегілерде кездесетін, адамзатқа қарсы айла-шарғысы көп, арамза, қара күш иесі.* ә) *Жасы келген, әккі кемпір.*

**МЫСТАНДЫҚ** з а т. *Зұлымдық, арамзалық, айлакерлік.*

**МЫСТАУ** з а т. м е т а л. *Металдардан, көбінесе болаттан, мырыштан және алюминийден жасалған бұйымдарды жемірілуден қорғау үшін сыртқы бетіне электролиз не диффузия әдісімен мыс жалату.*

**МЫСТҮС** з а т. ө с. с ө й л. *Гүлі қызыл күрең түсті өсімдік.*

**МЫСТЫ** с ы н. *Мысы бар, мысы мол.*

**МЫСША** *Қышта, майлы бояғыштарда ашық жасыл пигмент ретінде, көмірсуларды табушы реагент ретінде және т.б. жерлерде қолданылатын мыстың негізгі ацетаты.*

**МЫСШЫ** з а т. *Мыс өндіруші.*

**МЫСЫ** з а т. *Бір нәрсенің сесі, ызғары.*

**Мысы басты [жеңді].** *Сесі жеңді, ығыстырды, ықтырды.* **Мысы құрыды**. *Амалы қалмады, болдырды.* **Мысын басты**. *Кеудесін басты, бетін қайтарды.* **Мысын құртты.** *Шарасыз қалдырды, тотитты.* **Мысын шығарды.** *Бетін қайтарды, тас-талқан етті.*

**МЫСЫҚ** з а т. з о о л. <лат. felis> *Жолбарыс тегіне жататын, сүтқоректі үй жануары.*

**Мысық дәме**. *Болымсыз, ұсақ нәрседен үміткер.* **Мысық көз.** *Көзінің қиығы қиғаштау біткен.* **Мысық құлақ мылтық.** к ө н е. *Оқ дәрімен атылатын көне қару түрі.* **Мысық мұрт.** *Мұрты мысықтың мұртындай, тікірейген, едірейген селдір мұрт.* **Мысық табандап.** *Еппен, білдірмей, аяғының ұшымен басып.* **Мысық тілек**. *Тілегі жаман, қара ниет.*

**МЫСЫҚЖАЛБЫЗ** з а т. ө с. с ө й л. *Барқытжапырақтың бір түрі.*

**МЫСЫҚКӨЗ** з а т. г е о л. *Құрамына талшықтастарды кіріктіретін, құрамында талшықтары бар кварцтың жасыл түстес бір түрі.*

**МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ[1]** з а т. ө с. <лат. polypogon> *Сазды шөлде өсетін, ерекше дөңгеленіп біткен кішкене ғана бұршақ жемісі бар, крест гүлді жабайы өсімдік.*

**Мысыққұйрық итқонақ.** ө с. <лат. setaria glauca> *Астық тұқымдасы итқонақ туысына жататын арам шөптің сұрғылт түсті бір түрі.*

**МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ[2]** з а т. е г і н ш а р. *Тарының бір түрі, қожа тары.*

**МЫСЫҚҚҰЙРЫҚТАН=** е т. *Бидайдың басы өсіп, дәні толыға бастау.*

**МЫСЫҚОТЫ** з а т. ө с. <лат. trollius> *Сарғалдақтар тұқымдасы күнгелді туысына жататын жазық, далалы жерде өсетін шөптесін өсімдік түрі.*

**МЫСЫҚСОПЫ** с ы н. *Ел көзіне сүттен ақ, судан таза, жуас, момын болып көрінетін, ісі, ойы лас (адам).*

**МЫСЫҚТАБАН** з а т. ө с. *Орманның ашық жерлерінде, бұталардың арасында, шалғындарда*

*өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, сабағы дара, үстін түк басқан, жапырақтары сопақша, кезектесіп орналасқан күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**МЫСЫҚТАБАНДАП** үст. *Ақырын, бұғына басып, аңдап.*

**МЫСЫҚТАЙ** сын. *Мысық сияқты, мысық тәрізді.*

**МЫСЫҚТАМЫР** зат. өс. сөйл. ***Мысықшөп.***

**МЫСЫҚТІЛЕУ** зат. *Тілеуі жаман, қара ниет.*

**МЫСЫҚША** үст. *Мысыққа ұқсап, мысық тәрізді.*

**МЫСЫҚШӨП** зат. өс. сөйл. ***Шүйіншөп.***

**МЫСЫР: әркімнің үйренген жері мысыр шаһар.** *Әркімнің туып-өскен жері өзіне жақын, ыстық деген мағынада.* **Мысыр етті.** *Мекен етті, жайлады.* **Мысыр календары.** астр. *Мысыр күнтізбесі (ежелгі Мысырда шыққан жылына 365 күнді отыз күндік он екі айға бөлгенде артық қалатын бес күні Құдайға құлшылық ететін күндер деп есептеген күн қозғалысына негізделген күнтізбе).*

**МЫСЫРЛЫҚ**[1] зат. *Мысыр елінің тұрғыны.*

**МЫСЫРЛЫҚ**[2] сын. *Мысырда жасалған, мысырға қатысты.*

**МЫТ=** ет. **1.** *Қатты қысып жіберу, батыра ұстау.* **2.** ауыс. *Күш көрсету, әлімжеттік жасау.*

**МЫТҚУ** *Мытқы етістігінің қимыл атауы.*

**МЫТҚЫЛА=** ет. *Қайта-қайта мыту.*

**МЫТҚЫЛАУ** *Мытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**МЫТЫЛ=** ет. *Тықсырылу, қысылу.*

**МЫТЫЛУ** *Мытыл етістігінің қимыл атауы.*

**МЫТЫМ**: **бір мытым**. жерг. *Бір-ақ салуға келетін, бір шымшым.*

**МЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Қатты қысыңқырау, сығыңқырап жіберу.*

**МЫТЫҢҚЫРАУ** *Мытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**МЫТЫП-МЫТЫП** үст. *Қайта-қайта қысу, батыру.*

**МЫШ** зат. *Дәні солып, мейіз болып қатып қалған бидай.*

**МЫШТАЙ: мыштай болды**. *Тып-тыныш бола қалды, жым болды.*

**МЫШЬЯК** [лат. arsenicum] зат. хим. *Көбіне күкірт не металдардың құрамында кездесетін химиялық элемент; күшала.*

**МЫШЬЯКТЫ** сын. хим. *Мышьяк қосқан, мышьяк араластырылған.*

**МІГІР** зат. жерг. *Тыным.*

**Мігір таппады [қылмады, көрмеді].** *Тыным алмады, байыз таппады, қарап отырмады.* **Мігірі болмады.** *Тыным таппады, уақыты болмады.*

**МІГІРСІЗ** сын. жерг. *Мазасыз, тынымсыз.*

**МІГІТ** зат. экспр. жағымсыз. *Жігіт деген сөздің кемсітіп айтылуы.*

**МІДУАР** сын. *Мүсәпір.*

**МІЗ: міз бақпады.** ә) *Кірпік қақпады, тік қарады.* ә) *Шімірікпеді, селт етпеді.*

**МІЛІК** зат. *Тістің қызыл еті.*

**МІН** зат. *Бір нәрсенің бойындағы кемшілік, кем-кетік.*

**Мін жоқ**. *Кемшілік жоқ, мінсіз.* **Мін көрді**. *Кемшілік деп санады.* **Мін [мінін] қазды [терді].** *Мін іздеді, кемшілік табуға тырысты.* **Мін қылды.** *Кінә артты, кінәлады.* **Мін таққызбады.** *Кінә тақтырмады, арттырмады, тура жүрді.* **Мін тақты.** *Кінәлады, айыптады.* **Мін тапты.** *Кемшілігі бар деп санады, көңілі толмады.* **Міні бар [болды].** *Өзі айыпты, жазықты деген мағынада.* **Мінін айтты.** *Кемістігін бетіне басты, сынады.* **Мінін бетіне басты**. *Кемшілігін көзіне айтты, аямай сынады.* **Мінін жасырды**. *Кемшілігін айтпай, бүркемеледі.*

**МІН=** ет. **1.** *Ат, түйе, өгіз, есектің үстіне арнайы жабдық салып, көлік қылып отыру.* **2.** *Арбаға, автобусқа, таксиге, ұшаққа т.б. көлікке отыру.*

**МІНАЖАТ** зат. діни. ***Мінәжат.*** *(Құдайға сиынып жалбарынушылық, құлшылық етушілік).*

**Мінажат айтты.** *Тіледі, жалбарына сұрады.* **Мінажат [етті] қылды**. *Сиынды, ғибадат етті, құлшылық қылды, жалбарынды.* **Мінажат үй.** *Намаз оқитын, Аллаға құлшылық ететін жер, мешіт.*

**МІНАЖАТХАНА** зат. *Құдайға құлшылық етіп, тілеу тілейтін орын, ғибадатхана.*

**МІНАЖАТШЫЛ** сын. *Құдайға сиынғыш, құлшылық етуге құмар.*

**МІНАПАС** зат. сөйл. *Манифест, ұнжария.*

**МІНАРАТ** зат. сөйл. *Намаз оқитын уақыттың болғанын хабарлау үшін азаншыға арнап жасалған мешіттегі мұнара.*

**МІНӘЖАТ** зат. діни. *Дұға, құлшылық.*

**МІНӘЙІ** сын. жерг. **1.** *Сыпайы.* **2.** *Жанға жайлы, жаймашуақ.* **3.** *Дәлелді, негізді.*

**МІНӘЙІМ** сын. жерг. *Жұмсақ, жағымды.*

**МІНӘМАТ** сын. *Пасық, жиіркенішті.*

**МІНӘСӘР** [ар. ميسر] зат. жерг. *Жарасымды, үйлесімді; мінәсіп.*

**Мінәсәр көрмеді.** жерг. *Лайық көрмеді, жөн демеді.*

**МІНӘСӘРЛІ** сын. *Жарасымды, лайықты.*

**МІНӘСІП** зат. *Лайықты, жарасымды; мінәсәр.*

**МІНБЕ**[1] [ир. منبر] зат. *Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін арнайы орнатылған биік орын, ағаштан жасалған зат.*

**МІНБЕ**[2] зат. кәс. *Қайықтағы кісі отыратын орын.*

**МІНБЕЙ-ТҮСПЕЙ** үст. *Бос тұрып, пайдаланылмай.*

**МІНБЕЛЕ=** ет. *Бір нәрсенің үстіне төне түсу, ентелеу.*

**МІНБЕЛЕУ** *Мінбеле етістігінің қимыл атауы.*

**МІНБЕЛЕС=** ет. *Төнісу, ентелесу, бірінің үстіне бірі шығысу.*

**МІНБЕЛЕСУ** *Мінбелес етістігінің қимыл атауы.*

**МІНБЕЛЕТ=** ет. *Текшелетіп салу.*

**МІНБЕЛЕТУ** *Мінбелет етістігінің қимыл атауы.*

**МІНБЕР** зат. сөйл. **1.** *Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін арнайы орнатылған биік орын; ағаштан жасалған зат.* **2.** діни. *Молданың уағыз айтатын, құтпа оқитын мешіттегі биік орны.* **3.** *Азаншы тұратын орын.*

**МІНГЕС=** ет. **1.** *Көлікке бірі алдына, бірі артына екі адамнан жайғасу.* **2.** *Тіркесу, бірінен кейін бірі орналасу.* **3.** ауыс. *Бірінің үстіне бірі қонды, үйірілді.*

**МІНГЕСТІР=** ет. *Артына мінгізу.*

**МІНГЕСТІРУ** *Мінгестір етістігінің қимыл атауы.*

**МІНГЕСУ** *Мінгес етістігінің қимыл атауы.*

**МІНГІ** сын. сөйл. **1.** *Мінуге үйретілген, жуас, мінетін.* **2.** жерг. *Күнделікті мінетін ат-көлік.*

**Мінгі ат.** *Күнделікті мініп жүрген ат.*

**МІНГІЗ=** ет. **1.** *Атқа, пойызға, ұшаққа т.б. күш-көлікке отырғызу.* **2.** *Сыйға көлік (ат, машине, т.б.) тарту ету.*

**МІНГІЗДІР=** ет. *Атқа т.б. көлікке отырғыздыру.*

**МІНГІЗДІРУ** *Мінгіздір етістігінің қимыл атауы.*

**МІНГІЗУ** *Мінгіз етістігінің қимыл атауы.*

**МІНГІЗІЛ=** ет. *Міндірілу.*

**МІНГІЗІЛУ** *Мінгізіл етістігінің қимыл атауы.*

**МІНГІШ** зат. сөйл. *Мініс, мініс ат. // Мініске жарайтын.*

**МІНДӘР** зат. жерг. *Ертеде қайық тоқтауға арналған орын.*

**МІНДЕ=** ет. *Мін тағу, мінеу.*

**МІНДЕКЕР** сын. жерг. *Жалынышты.*

**МІНДЕЛ=** ет. *Құнсыз деп табылу, есептелу, саналу.*

**МІНДЕР**[1] зат. *Моланың үстіне тастан текшелеп қойылған белгі.*

**МІНДЕР**[2] зат. жерг. *Қайыққа мінетін жер, көпір.*

**МІНДЕС=** ет. *Кінәласу, жауығысу, күндесу.*

**МІНДЕСТІК** зат. *Міншілдік, кінәмшілдік.*

**МІНДЕТ** зат. **1.** *Атқарылуға тиісті қызмет, іс.* **2.** *Борыш, парыз.* **3.** *Құрмет, сый, қадірлеушілік.* **4.** ауыс. *Дерт, індет, масылдық.*

**Міндет арқалады**. *Мойнына жауапкершілік алды.* **Міндет артты**. *Борыш жүктеді, арқалатты.* **Міндет жүктелді.** *Орындалуға тиісті тапсырма берілді, сеніп іс тапсырылды, сенім білдірілді.* **Міндетке беру.** *Кепілдікке беру, қалдыру.* **Міндет қойды**. *Тапсырма берді, орындалуға тиіс іс-әрекеттер белгіледі.* **Міндет қылды [етті].** *Бір нәрсесін бұлдады, міндетсінді, міндет қылды; біреуді борышты, қарыздар деп емексіді.* **Міндетін атқарушы**. *Белгілі бір жұмысты, қызметті атқарушы жоқта соның міндетін (кейде уақытша) орындайтын адам.* **Міндетіне алды**. *Өз мойнына алды, борыштанды.*

**МІНДЕТКЕР** сын. сөйл. ***Міндетті адам.***

**МІНДЕТКЕРЛІК** сын. сөйл. ***Міндеттілік.***

**МІНДЕТСУ** *Міндетсі етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТСІ=** ет. *Істеген ісін бұлдау, әлдеқандай болу, бәлсіну.*

**МІНДЕТСІЗ** сын. *Борышқа саналмайтын, міндеті жоқ.*

**МІНДЕТСІН=** ет. *Жақтырмау, міндет қылу, бұлдану, бәлсіну.*

**МІНДЕТСІНУ** *Міндетсін етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТЕ=** ет. *Біреуге жүктеу, тапсырма беру.*

**МІНДЕТТЕЛ=** ет. *Біреуге жүктелу, тапсырма берілу.*

**МІНДЕТТЕЛУ** *Міндеттел етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТЕЛІН=** ет. *Жүктелу, тапсырылу.*

**МІНДЕТТЕЛІНУ** *Міндеттелін етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТЕМЕ** зат. **1.** *Сөзсіз орындаймын деп жазбаша түрде берілген серт, уәде.* **2.** заң. *Заңмен белгіленген заңи міндет.* **3.** экон. *Бір тарап (борышқор) екінші тараптың (несиегердің) пайдасына белгілі бір әрекеттерді жасауға не одан қалыс қалуға міндетті болатын, ал несиегердің борышқордан өз міндеттемелерін орындауын талап етуге құқығы болатын уәде (әдетте, жазбаша уәде).*

**Міндеттеме қабылдады.** *Жоспарды, жоспарда көрсетілген тапсырмаларды орындайтындығы туралы жазбаша түрде уәде берді.* **Міндеттемелердің орындалмауы.** экон. *Мердігердің өзара шарт талаптарын сақтамауы (сапа, шығын, мерзім т.б. жөнінен); мұның өзі төлемді тоқтатуға апарып соқтырады және өзара шартты бұзуға себеп болуы ықтимал.*

**МІНДЕТТЕМЕ-ӨТІНІШ** зат. экон. *Несие шотын ашу туралы қарызгердің өтініші және банкке несие кепілзатына тауар, материалдық құндылықтарды беру туралы міндеттеме мазмұндалған құжат.*

**МІНДЕТТЕМЕХАТ** зат. экон. *Аудиторлық тексеру жүргізуге шарт жасасудың алдындағы құжат, экономикалық субъектінің аудиторлық тексеру жүргізу жөніндегі ресми ұсынысына аудитордың жауабы.*

**МІНДЕТТЕН=** ет. *Уәде беру, мойнына алу.*

**МІНДЕТТЕНДІР=** ет. *Орындауды міндеттеу, уәдесін алу, қатты тапсыру.*

**МІНДЕТТЕНДІРУ** *Міндеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТЕНУ** *Міндеттен етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТЕУ** *Міндетте етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДЕТТІ** сын. *Орындауға тиісті, борышты.*

**Міндетті дана.** ғылымтану. *Ақпараттық және библиографиялық қызметті қамтамасыз ету үшін полиграфия кәсіпорындары басып шығаратын ұйымдар заңға арнаулы үкімет жарлығына сәйкес мемлекеттік кітап қоймасына, ірі кітапханаларға, ақпараттық және библиографиялық орталықтарға қорды толықтыру және орталықтанған тіркеу арқылы отандық басылымдарды есепке алу мақсатында міндетті түрде жіберіп отыратын әрбір басылымның данасы.* **Міндетті зейнетақы жарналары.** заң. *Заңға сәйкес төлемшілер мен салымшылар заңдарда белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақша.* **Міндетті келісімдер.** экон. *Желілі басшылық жағдайындағы әкімшілік өкілеттілік нысаны.* **Міндетті курс**. *Белгілі бір талап бойынша өтілетін дәріс.* **Міндетті сақтандыру.** экон. *Заң күшінен туындайтын тараптар арасындағы сақтандыру қатынастары.* **Міндетті сақтық қорлар нормасы.** экон. *Орталық банктің ақшалай және несие айналымын жанама түрде реттеу тұтқаларының бірі.* **Міндетті түрде**. *Қалайда орындалуға тиіс.* **Міндетті шарт.** *Орындауға тиісті талап.*

**МІНДЕТТІЛІК** зат. *Міндетті болушылық, борыштылық.*

**МІНДЕТШІЛ** сын. *Істеген ісін бұлдайтын, міндет еткіш.*

**МІНДЕУ** *Мінде етістігінің қимыл атауы.*

**МІНДІ** сын. **1.** *Міні, кемшілігі бар.* **2.** *Жазықты, айыпты.*

**МІНДІР=** ет. *Мінгізу, отырғызу.*

**МІНДІРУ** *Міндір етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕ** есім. *Көз алдындағы затты нұсқайтын сілтеу есімдігі.*

**Міне, гәп қайда [қайда жатыр].** сөйл. экспр. *Сөйлеушінің оқиға себебін, мәнісін тауып алғанда, қуаныш сезімін білдіру, әрі қызықтыру мақсатымен айтатын істің немесе құбылыстың мән-жайы осындай деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Міне, қызық.** *Ал керек болса, мәссаған.*

**МІНЕ=** ет. **1.** *Біреудің кемшілігін көрсету, сынау.* **2.** *Бір нәрсенің кем-кетігін алып түзеу, әдемілеу, әрлеу.*

**МІНЕГІШ** сын. *Мін таққыш, сынағыш.*

**МІНЕЗ** зат. *Әр адамның өзіндік әрекетінен, тәртібінен байқалатын психикалық және рухани қасиеттерінің жиынтығы.*

**Мінез бітістері.** пед. *Өмір барысында біртіндеп қалыптасатын мінез ерекшеліктері.* **Мінезге ауыр**. *Ашылып сөйлей қоймайтын, адаммен жұғысуы қиын, тұйық мінезді.* **Мінезге бай**. *Салмақты, жоқтан өзгеге күйгелектенбейтін.* **Мінездің ауырлығы**. *Салмақтылық, мінез ұстамдылығы.* **Мінез көрсетті [шығарды].** *Оқыс қылық, ашу шақырды, жағымсыз әрекет жасады.* **Мінез таластырмады.** *Ерегіспеді, ерегіс- тірмеді.* **Мінез танытты.** *Күтпеген мінез көрсетті.* **Мінезі ауыр.** *Мінезі салмақты, байыпты, адамға бірден ашыла қоймайтын.* **Мінезі жайсыз.** *Мінезі ауыр, нашар.* **Мінезі жақты.** *Жүріс-тұрысы, қылығы ұнады.* **Мінезі жеңіл.** *Ұшқалақ, шошақай, жеңілтек.* **Мінезі жібектей.** *Мінезі көркем, сыпайы.* **Мінезі қатал.** а) *Біреуге қатаң талап қойғыш.* ә) *Мейірімсіз, қатыгез.* **Мінезі қызық [екен].** *Мінезі құбылмалы, тез өзгеретін.* **Мінезі майдай.** *Мінезі жайлы.* **Мінезі текті.** *Әдепті, ізетті, көргенді, биязы деген мағынада.* **Мінезі түйеден түскендей.** *Бір нәрсені төтесінен қойып қалатын, тұрпайы, дөрекі.* **Мінезі шатақ.** *Ашушаң, шатаққой.*

**МІНЕЗДЕ=** ет. *Біреудің мінезін сипаттау.*

**МІНЕЗДЕМЕ** зат. ресми. *Жеке адамның өз басына тән қасиеттерін, қызметіне қатынасын жан-жақты талдап баяндайтын ауызша сипаттама немесе жазбаша азаматтық құжат.*

**МІНЕЗДЕС** сын. *Мінездері бірдей, ұқсас.*

**МІНЕЗДЕУ** *Мінезде етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕЗДІ** сын. **1.** *Мінезге бай, кең.* **2.** *Күтпеген жерден оқыс мінез, қылық көрсететін әдеті бар деген мағынада.*

**МІНЕЗДІК** зат. *Мінезге тән, мінезге қатысты.*

**МІНЕЗДІЛЕУ** сын. *Мінезі барлау.*

**МІНЕЗДІЛІК** зат. *Мінезге байлық, кеңдік.*

**МІНЕЗ-ҚАЛЫП** зат. *Жеке адамның, ел-жұрттың мінез-құлқындағы, әдет-ғұрпындағы өзіндік ерекшелігі.*

**МІНЕЗҚОР** сын. *Мінезі шатақ.*

**МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** зат. **1.** *Адамның іс-әрекетінен байқалатын қасиеті, тәртібі.* **2.** пед. *Адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы.* **3.** филос. *Қоғам белсенділігін, тірі жандардың қоршаған ортамен өзара қатынасынан туындайтын қасиет.*

**Мінез-құлық бақылауы.** пед. *Мінез-құлық өзара байланысты пысықтаулар мен стимулдардың бақылауында болады деген жалпы түсінікті белгілеу үшін қолданылатын сөз тіркесі.* **Мінез-құлық мәдениеті.** пед. *Адамшылық қарым-қатынастың негізгі талаптары мен ережелерін сақтау, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білу.* **Мінез-құлық терапиясы.** пед. *АҚШ-та қалыптасқан, бихевиоризм принциптеріне негізделген психотерапия әдісі.*

**МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ** сын. *Мінез-құлыққа тән.*

**Мінез-құлықтық генетика.** пед. *Генетика мен мінез-құлық арасындағы байланысты зерттейтін салааралық ғылым.* **Мінез-құлықтық мектеп.** пед. *Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде адамдар арасындағы қатынастан туындаған, қарапайым психологиялық және социологиялық тұжырымдамаларға негізделген басқарудың тұжырымдамалық амалы.*

**МІНЕЗСІЗ** сын. *Мінезі нашар.*

**МІНЕЗСІЗДЕУ** сын. *Мінезі нашарлау.*

**МІНЕЗТАНУ** зат. пед. *Адамның мінезін зерттейтін психология ғылымның бір саласы.*

**МІНЕКЕЙ** есім. ***Мінеки.***

**МІНЕКИ** есім. *Көз алдындағы, жақындағы нәрсені көрсететін сілтеу есімдігі.*

**МІНЕЛ=** ет. **1.** *Сыналу, талдау жасалып, ой елегінен өткізілу.* **2.** *Артық-кемі алынып жөнделу, жетілдірілу.*

**МІНЕЛУ** *Мінел етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕП-ШЕНЕ=** ет. *Әбден сынау, кемшілігін көрсету.*

**МІНЕП-ШЕНЕУ** *Мінеп-шене етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕР** сын. *Мінуге жарайтын, мінілетін.*

**Мінер жақ**. *Аттың адам мінетін сол жағы.*

**МІНЕС=** ет. *Кемтігін айтысу, сынасу.*

**МІНЕСУ** *Мінес етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕУ** *Міне етістігінің қимыл атауы.*

**МІНЕУШІ** зат. *Мінін айтушы, сынаушы.*

**МІНКЕШ** зат. жаргон. *Барымташылардың тіліндегі жылқы.*

**МІНСІЗ** сын. **1.** *Кем-кетігі жоқ, мұлтіксіз.* **2.** ауыс. *Кіршіксіз, қалтқысыз.*

**Мінсіз кристалл.** геол. *Кристалдың мінсіз құрылымы.* **Мінсіз тауар.** экон. *Адамның нақты қажеттерін қанағаттандыра алатын нақты тауар.*

**МІНСІЗДІК** зат. *Міні жоқтық, мін болмаушылық.*

**МІНТЕ=** ет. *Азайту, өсірмеу.*

**МІНТТЕ=** ет. *Бір нәрсенің үстіне қосалқы орнату.*

**МІНУ** *Мін етістігінің қимыл атауы.*

**МІНШІ** зат. *Мін тапқыш адам, мінеуші.*

**МІНШІЛ** сын. *Бір нәрсенің мінін табуға құмар, сыншыл.*

**МІНІ** есім. сөйл. ***Міне.***

**МІНІКИ** ес. сөйл. *Мінеки.*

**МІНІЛ=** ет. *Салт мінуге пайдаланылу.*

**МІНІЛУ** *Мініл етістігінің қимыл атауы.*

**МІНІС** зат. *Мінетін ат, мінуге жарайтын көлік.*

**Мініс жылқысы.** ауылшар. *Салт мінуге пайдаланатын жылқы.* **Мініс көтермеді.** *Күш-көлік ретінде пайдалануға жарамады, мініп-түсуге келмеді, тез болдырды, арыды.*

**МІНІС=** ет. *Ат, арба, пойыз т.б. күш-көлікке отырысу, жайғасу.*

**МІНІСКЕР[1]** зат. *Таныстық, үйірлік.*

**МІНІСКЕР[2]** сын. **1.** *Мінуге жарамды, көнбіс (ат).* **2.** ауыс. *Қолынан келмейтіні жоқ, нағыз өнерлі, майталман, шебер (адам).*

**МІНІСКЕРЛІК** зат. **1.** *Мініске төзімділік.* **2.** ауыс. *Майталмандық, шеберлік.*

**МІНІСУ** *Мініс етістігінің қимыл атауы.*

**МІНІТ** зат. этн. *Құда түсе барғанда қыздың әкесіне мінгізетін ат.*

**МІҢГІР** зат. *Ашық-анық естілмейтін, түсініксіз, күмілжіген дыбыс.*

**Міңгір етті**. *Түсініксіз бір нәрсені айтты, міңгірледі.*

**МІҢГІРЛЕ=** ет. *Естілер-естілмес бірдеңені міңгір-міңгір етіп айту, сөйлеу.*

**МІҢГІРЛЕС=** ет. *Естілер-естілмес етіп ақырын сөйлесу, бірдеңе деу.*

**МІҢГІРЛЕСУ** *Міңгірлес етістігінің қимыл атауы.*

**МІҢГІРЛЕТ=** ет. *Сөзінің соңын естіртпей жіберу.*

**МІҢГІРЛЕТУ** *Міңгірлет етістігінің қимыл атауы.*

**МІҢГІРЛЕУ** *Міңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**МІР**[1] [ир. میر]**: мірдің оғындай**. *Жанға қатты бататын, өңменінен өтетін, зәрлі (сөз).*

**МІР**[2] [ир. میری] зат. жерг. *Бақыр ақша.*

**Мірге өтпеді**. *Ештеңеге жарамады.*

**МІР**[3]**: мір бақпау**. ***Міз бақпау*** *(кірпік ілмеу, көз жұмбау).* **Мір жанар**. *Көз қадалысы, өткір көз.*

**МІРАҚОР** көне. ***Миракор*** *(атшы).*

**МІРДЕЙ** сын. *Ащы, өткір, зәрлі (сөз).*

**МІРТЕМІР** зат. өс. сөйл. *Қауынның бір сорты.*

**МІРІ** [ир. میری] зат. көне. *Ескіше бес тиын.*

**МІСЕ**: **місе қылды [тұтты, етті]**. *Барға қанағат қылды, разы болды (болмады).* **Місе тұтпады**. *Қанағат етпеді.*

**МІСКІН** зат. *Бейшара, ғарып-қасер; мүскін, мүсәпір.*

**МІСКІНДІК** зат. *Ғарыптық, мүсәпірлік.*

**МІСКІНШІЛІК** зат. *Қиын, нашар, жоқшылық жағдай.*

**МЭР** [франц. maire] зат. *Кейбір елдердегі муниципалитет бастығы, қалабасы.*

**МЭРИЯ** [франц. mairie] зат. *Муниципалдық басқарма немесе сол орган мекендеп тұрған үй.*

**МЮЛЛЕРИОЗ** зат. *Қой мен ешкінің өкпе гельминтозы немесе ұсақ жұмыр құрт.*

# Н

**Н 1.** *Қазақ әліпбиінің он сегізінші әрпі және сол әріптің графикалық таңбасы.* **2.** лингв. *Тіл ұшының қызыл иекке тию арқылы жасалған үнді, мұрын жолды дауыссыз дыбыс.*

**НАБАТ** зат. сөйл. ***Науат.***

**НАБАТАТ** [ар. نباتات] зат. *Өсімдік әлемі, флора.*

**НӘБАТАТ** зат. көне. ***Набатат*** *(өсімдік).*

**НАБЫТ**[1] зат. жерг. ***Ысырап.***

**Набыт ету.** *Ысырап ету, босқа шашып, обал қылу.*

**НАБЫТ**[2] [ир. نابود] зат. көне. *Апат, қырғын.*

**Набыт болу.** *Апат болу, қырылып қалу.*

**НАВАХО** зат. *АҚШ-тағы үндіс тайпаларының бірі.*

**НАВИГАЦИЯ** [лат. navigatio] зат. *Кеме-пароход жүретін кез, маусым.*

**НАВИГАЦИЯЛЫҚ** сын. *Навигацияға қатысты, навигация маманын даярлайтын.*

**НАГАН** зат. *Ерекше жүйелі, айналып тұратын оқ барабаны бар револьвер; тапанша.*

**НАГАНА** зат. мед. *Оңтүстік Африкада тұяқты жануарларға талшықты паразиттер арқылы жұғатын ауру.*

**НАГАНИН** зат. *Қызғылт немесе сарғыш үнтақ зат.*

**НАГӨЙЛІК** зат. кәс. *Аудың қазығын жерге енгізу үшін пайдаланатын бір қапталы жырық труба тәрізді қуыс темір.*

**НАГРАД** зат. сөйл. ***Марапат*** *(белгілі бір біреудің не бір ұйымның зор еңбегі мен қызметі үшін берілетін бағалы сыйлық, мемлекеттік құрметті белгі).*

**НАГРАДТА=** ет. ***Марапаттау*** *(құрметті мемлекеттік белгіні беру, бағалы сыйлық тапсыру).*

**НАГРАДТАЛ=** ет. ***Марапатталу.***

**НАГРАДТАЛУ** *Наградтал етістігінің қимыл атауы.*

**НАГРАДТАУ** *Наградта етістігінің қимыл атауы.*

**НАҒАШЫ** зат. этн. *Балаларына шешесі жағынан туысы.*

**Нағашы аға**. этн. *Шешенің ер бауырларына оның баласы (жиені) тарапынан айтылатын туыстық атау.* **Нағашы апа**. этн. *Шешенің апа-сіңлілеріне оның баласы (жиені) тарапынан айтылатын туыстық атау.* **Нағашы ата.** этн. *Шешенің әкесіне оның баласы (жиені) тарапынан айтылатын туыстық атау; шешесінің әкесі немесе шешесінің жасы үлкен туыстары.* **Нағашы әже**. этн. *Шешенің анасына оның баласы (жиені) тарапынан айтылатын туыстық атау; нағашы жұртындағы үлкен әже.* **Нағашы жұрт.** этн. *Шешенің туып-өскен төркін жұртына оның баласы (жиені) тарапынан айтылатын туыстық атау.* **Нағашы қарындас**. этн. *Шешесінің жасы кіші бауырларынан туған қызға айтылатын туыстық атау.* **Нағашы шеше**. этн. *Шешенің анасына қарата айтылатын туыстық атау.* **Нағашы іні.** этн. *Нағашы жұртының өзінен жасы кіші ұлына қарата айтылатын туыстық атау.*

**НАҒАШЫЛА=** ет. этн. *Дәстүр бойынша, шеше төркініне жиендердің қыдырып баруы.*

**НАҒАШЫЛАУ** *Нағашыла етістігінің қимыл атауы.*

**НАҒАШЫЛЫҚ** зат. *Нағашы болғандық.*

**НАҒЛИ** зат. жерг. *Самауырынның астына қоятын леген, табақ.*

**НАҒМА** [ар. نغمة] зат. муз. *Тон, белгілі бір сазды дыбыс, үн.*

**НАҒМЕ** [ар. نغمة] зат. муз. ***Күй.***

**НАҒЫЗ**[1] [ир. نغز] сын. *Шын, дәл, тура.*

**Нағыз ер.** *Ердің ері.* **Нағыз қазақ**. *Елін, ұлтын беріле сүйген, тілін, ділін сақтаған, дамытқан, сол үшін қалтқысыз еңбек еткен қазақ ұлтының өкілі.* **Нағыз қазақы**. *Қазақ елінің салт-дәстүріне тән, қазақы үлгі.* **Нағыз қанкөбелек.** зоол. <лат. pyralidae> *Қанкөбелек тұқымдас үсті тобына жататын көбелектердің түрі.* **Нағыз қаражидек**. өс. <лат. vaccinium myritillis> *Қаражидектер тұқымдасы қаражидек туысына жататын өсімдік.* **Нағыз мультимедиалық жүйе.** инф. *Алуан түрлі (аудио, бейне, мәтіндік) ақпараттардың (аналогты немесе цифрлы) өзара қатынас құруын ұйымдастыру мен оларды көрсету әдістерінің мүмкіндіктері енгізілген мамандандырылған ақпаратты-бағдарламалық құрал.* **Нағыз өзі.** *Дәл өзі.* **Нағыз тері.** анат. *Терінің ең қалың негізгі қабаты.* **Нағыз шабуыл.** спорт. *Барлау жасап, дайындалып барып, қарсыласын алдап, күтпеген жерден шабуылға шығу.*

**НАҒЫЗ**[2] сын. жерг. *Жақсы, тым жақсы.*

**НАҒЫЗДЫҚ** зат. *Айқындық, шынайылық, дәлдік.*

**НАҒЫЛ** зат. жерг. *Иек шұңқырындағы сақал.*

**НАҒЫЛЕТ** [ар. لعنت] зат. *Қарғыс атқан, жексұрын, найсап.*

**Нағылет айтты**. *Қарғап-сіледі, қарғады.* **Нағылет жауғыр**. *Қарғыс атқыр, кесепат келгір!*

**НАҒЫРА** [ар. نغمة] зат. көне. *Дабыл, даңғыра.*

**НАДАЙЫ** сын. жерг. ***Надан.***

**НАДАН** [ар. نادان] сын. **1.** *Топас, пайымсыз.* **2.** *Хат танымайтын қараңғы, білімсіз.* **3.** *Көкірегі соқыр, мал мен байлыққа мастанып жүретін, өнер-біліммен ісі жоқ, дүние қуған, дақпыртқұмар, даңғой.*

**Надан қалу.** *Ғылым-білімнен құр қалу.*

**НАДАНДЫҚ** зат. **1.** *Топастық, көрсоқырлық, парықсыздық.* **2.** *Білімсіздік, қараңғылық.*

**Надандыққа бастады**. *Қарайып қалды, жетістіктерден хабарсыз қалды.*

**НАДАНСЫ=** ет. *Сауатсыз деп менсінбеу.*

**НАДАНШЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсенің байыбын түсінбеушілік, білместік, қараңғылық.*

**НАДАШЫ** зат. көне. *Қаланы кезіп, жар салып жұртшылықты қалабасының жарлығынан, елеулі оқиғадан хабардар етіп тұратын адам.*

**НАДЕЛ** ор. зат. көне. *Жер үлесі.*

**НАДОМ** моңғ. зат. спорт. *Моңғолдардың дәстүрлі спорт мерекесі.*

**НАДҰРЫС** [ир. نادوروست] сын. *Дұрыс емес, теріс.*

**НАЖАҒАЙ** зат. сөйл. ***Найзағай.***

**НАЖАҒАЙДАЙ** үст. *Найзағай сияқты, найзағайға ұқсап.*

**НАЖАҒАЙЛА=** ет. **1.** *Күн күркіреп, жарқ-жұрқ етуі.* **2.** ауыс. *Бет қаратпай оқ бораусы, от шашу.*

**НАЖДАК** зат. тех. **1.** ***Зімпара*** *(металды, ағашты т.б. егеп тегістеуге, тазалауға қолданылатын қатты минерал).* **2.** *Наждак ұнтақтарынан істелген қайрақ.*

**НАЖДАКТЫ** сын. тех. ***Зімпаралы.***

**Наждакты қағаз**. ***Зімпара қағаз*** *(наждак ұнтақтары жапсырылған тазартқыш қағаз).*

**НАЗ**[1] [ир. ناز] зат. **1.** *Өкпе, базына.* **2.** *Әзіл, қалжың.* **3.** көне. *Өлең.*

**Наз айтты.** *Еркеледі, өкпелеген болды.* **Наз күлкі**. *Еркелей күлген әдемі күлкі.* **Наз қылды**. *Өзімсінді, достық өтініш жасады.* **Назы бар**. *Тілек, ұсынысы бар.*

**НАЗ**[2] зат. этн. *Әйелден шыққан сері, керімсал.*

**НАЗА** [ар. نزاع] зат. **1.** *Адамның кеюі, қапалануымен байланысты болатын ашу, ыза.* **2.** *Қарғыс.*

**Наза болды**. *Қапаланды, ренжіді.* **Назасына жолықты [қалды].** *Қырсыққа ұшырады, қарғысына қалды, бәлеге душар болды.*

**НАЗАКЕТ** [ир. نزاهت] сын. көне. *Әдепті, ибалы.*

**НАЗАЛАН=** ет. *Қапалану, күйіну, кею.*

**НАЗАЛАНДЫР=** ет. *Қапаландыру, күйіндіру, налыту.*

**НАЗАЛАНДЫРУ** *Назаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗАЛАНУ** *Назалан етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗАЛИЗАЦИЯ** [лат. nasolis] зат. лингв. *Дауысты дыбыстың мұрынның қатысуымен айтылуы.*

**НАЗАЛЫ** сын. *Өкпелі, ренішті, қапалы.*

**НАЗАР**[1] [ар. نظر] зат. **1.** *Зейін, ықылас.* **2.** ауыс. *Көз, жанар.*

**Назар аударды [салды]**. а) *Көңіл бөлді, мән берді, назар салды.* ә) *Көзге түсті, еленді.* **Назарға алды**. *Қолға алды, есте сақтады, қаперде ұстады.* **Назардан тыс қалды**. *Көңіл бөлінбеді, есепке алынбады.* **Назардан тыс қалдырмады**. *Зер салды, көңіл қойды, естен шығармады.* **Назар салды.** *Қарады, көз тоқтатты.* **Назар түтпайды.** жерг. *Көзге ілмейді, көңіл бөлмейді.* **Назары ауды**. *Көңіл бөлді, ықылас қойды, көз тоқтатып қарады.* **Назары аш**. *Көзі тигіш, сұқ көз.* **Назары қайтпады.** *Беті қайтпады.* **Назарына алды**. *Көңіліне түтты, есіне сақтады.* **Назарына қалма**. *Ренжітпе, өкпелетпе.* **Назарына ілмеді**. *Көңіл де бөлмеді, пысқырып та қарамады.* **Назарын сындырды.** *Бетін қайтарды, жерге қаратты.* **Назары пәс**

**болды.** жерг. *Жүзі төмен болды, көңілі қалды.* **Назары түсті.** *Көз қыры ауды.*

**НАЗАР[2]** зат. жерг. *Адамның беті, бет жағы.*

**НАЗАР[3]** зат. жерг. *Айтқаны келетін шайқы адам.*

**НАЗАРАТ** зат. жерг. *Министрлік, үлкен дәрежелі мекеме.*

**НАЗАРКЕДЕ** зат. жерг. *Көзі тигіш адам.*

**НАЗАРКЕРДЕ** сын. *Көзі тигіш, назары қатты [Көзі тигіштерді «назаркеде», тілі тигіштерді «сұқтілді» деп атаған].*

**НАЗАРКЕРДЕН** сын. ***Назаркерде.***

**НАЗАРКЕРДІ** сын. ***Назаркерде.***

**НАЗАРЛА=** ет. *Зейін салып қарау.*

**НАЗАРЛАУ** *Назарла етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗБЕДЕУ** зат. *Жараған, бабына келген бедеу ат.*

**НАЗДАН=** ет. *Қылымсып тәлімсу, еркелеу, мейірлену.*

**Наздана қарады**. *Мейірлене, еркелей назар аударды.*

**НАЗДАНДЫР=** ет. **1.** *Еркелету, мейірлендіру.* **2.** ауыс. *Ынтықтыру, құйқылжыту.*

**НАЗДАНДЫРУ** *Наздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗДАНУ** *Наздан етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗДАНЫС=** ет. *Еркелесу, қылық көрсетісу, базыналық жасасу.*

**НАЗДЫ** сын. **1.** *Өкпелі, ренішті, базыналы.* **2**. *Әзілді, қалжыңды, еркелі.*

**НАЗДЫҚ** зат. *Еркелік, базыналық.*

**НАЗДЫЛЫҚ** зат. *Еркелік, қылықтылық, ынтызарлық.*

**НАЗИРА** [ар. نظيرة] зат. *Шығыс әдебиетіндегі ұқсау, үлгі ету, бір шығармаға еліктеу жолымен жазылатын әдеби жанр.*

**НАЗИРАЛЫҚ** зат. *Ұқсастық; бір шығармаға еліктеушілік.*

**НАЗИРАШЫЛДЫҚ** зат. *Еліктеушілік.*

**НАЗҚОЙ** сын. *Наздангыш, базынашыл.*

**НАЗ-ӨКПЕ** зат. *Жеңіл-желпі еркелік реніш, көңіл қалу.*

**НАЗШЫЛ** сын. *Назқой, базынашыл; ойнақы.*

**НАЗЫМ** [ар. نظم] зат. *Түркі классикалық поэзиясына қатысты, парсы әдебиетінің ықпалымен қалыптасқан, өзіндік ерекшелігі бар өлеңнің қалыптасқан бір түрі.*

**Назым жұмбақ.** *Өлеңмен айтылған жұмбақ.*

**НАЗЫМА=** ет. жерг. *Жалықпау.*

**НАЗЫМШЫ** зат. *Назым шығарушы.*

**НАЗЫН** сын. жерг. *Сұлу.*

**НАЗЫРҚА[1]=** ет. *Місе тұтпау, көңілі толмау, жабығу, ренжу, мұңаю.*

**НАЗЫРҚА[2]=** ет. жерг. *Жатырқау.*

**НАЗЫРҚАН=** ет. *Назалану, көңілі толмау.*

**НАЗЫРҚАНУ** *Назырқан етістігінің қимыл атауы.*

**НАЗЫРҚАУ** *Назырқа етістігінің қимыл атауы.*

**НАИРИТ** зат. хим. *ТМД-да шығарылатын хлорпренді көксағыздардың саудадағы аты.*

**НАЙ[1]** [ир. نای] зат. **1.** муз. *Флейтаға ұқсас, үрлеп тартатын көне музыкалық аспап.* **2.** *Іші қуыс құрай, қамыс.* **3.** *Темекі тартатын түтік, мүштек.*

**НАЙ[2]** сын. жерг. *Үлкен, дәу.*

**НАЙ[3]** [ир. نی] үст. *Өте, тым, нағыз.*

**НАЙЗА** [ир. نیزا] зат. көне. *Ұшы істік темірден істелген, ұзын ағаш сабы бар соғыс құралы.*

**Найза бойы**. *Найза ұзындығымен шамалас келетін халықтық өлшем.* **Найза жұмсады**. *Найзалады, найза салды.* **Найза кірпік**. *Тікірейген ұзын кірпік.* **Найза қандау.** *Жауын найзамен түйреп өлтіру.* **Найза лақтыру**. спорт. *Белгіленген аумақ ішінде орындалатын спорттық ойын түрі.* **Найзасын жауға тіреді.** *Қарсы тұрды, жауға шапты.* **Найзасын қанға суарды.** *Қан майданда болды, жауын ойсырата жеңді.* **Найзасы тиді.** *Таяғы (соққысы) тиді.* **Найза тас.** *Тік шаншыла біткен сүйір тас.* **Найза ұшында көрді.** *Шайқаста кездесті.*

**НАЙЗАБАС** зат. өс. сөйл. *Сабағы тік, жапырақтары найзаның ұшы пішіндес, ұзын сағақты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**НАЙЗАГЕР** зат. **1.** *Найза шаншу өнерін жетік меңгерген адам.* **2.** *Ертедегі әскердің қолданылатын қару түріне қарай бөлінетін тобы, жеке әскер бөлігі.*

**НАЙЗАГЕРЛІК** зат. *Найза шаншу өнерін меңгерушілік, найза соғысының айла-тәсілін жетік білушілік.*

**НАЙЗАҒАЙ** зат. *Жауын-шашын кезінде ауада жиналған электр зарядтарының бір-біріне соқтығуынан пайда болатын күшті жарқыл; жай.*

**Найзағайдан қорғаушы.** ауылшар. *Найзағай түсуге қарсы қолданылатын құрылғы, жай тартқыш.* **Найзағай ойнады [жарқылдады]**. *Найзағай сәулесі жарқ-жұрқ етті.* **Найзағай түсті.** *Жай түсті.* **Найзағай ұшқынына шалыну**. *Найзағай түсуден болған ауру.*

**НАЙЗАҒАЙЛЫ** сын. *Найзағай жарқылы араласқан, найзағай ойнаған.*

**Найзағайлы дауыл.** сушар. *Шапшаң қысымдық секіріс, ышқына соққан жел және найзағайлы нөсер жиі өтетін, қысқа мерзімдік атмосфералық буырқану.*

**НАЙЗАҒАЙША** үст. *Найзағай сияқты, жасын тәрізді.*

**НАЙЗАДАЙ** сын. *Найза тәрізді, тіп-тік, ұшкір.*

**Найзадай қадалды.** *Өте қолайсыз, жайсыз тиді, жанын қинады.*

**НАЙЗАЖАПЫРАҚ** зат. өс. сөйл. *Жапырағының пішіні найзаның ұшына ұқсас су өсімдігі.*

**НАЙЗАҚАРА** зат. **1.** өс. жерг. *Бойы бір метр, түсі қоңыр, сабағы бұршікті, қауылдырықсыз, тақырға шығатын ащы шөп.* **2.** өс. *Алаботалар тұқымдасына жататын, барлық мүшесі шырынды біржылдық шөптесін өсімдік.*

**НАЙЗАЛА=** ет. **1.** *Найзамен шаншу, түйреу.* **2.** ауыс. *Сынап-мінеу, тілдеу.*

**НАЙЗАЛАН=** ет. *Найзамен шаншылу, түйрелу.*

**НАЙЗАЛАНУ** *Найзалан етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЗАЛАС=** ет. *Найзаларымен бірін-бірі шаншысу, түйресу.*

**НАЙЗАЛАСТЫР=** ет. *Найзамен айқастыру, шайқастыру.*

**НАЙЗАЛАСТЫРУ** *Найзаластыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЗАЛАСУ** *Найзалас етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЗАЛАТ=** ет. *Найзамен шаншыту, түйрету.*

**НАЙЗАЛАТУ** *Найзалат етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЗАЛАУ** *Найзала етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЗАЛЫ** сын. *Найзасы бар, найза ұстаған.*

**Найзалы мылтық.** көне. *Басында бекітілген ұшкір найзасы бар мылтық.*

**НАЙЗАША** үст. *Найза тәрізді, найза сияқты.*

**НАЙЗАШЫ** зат. *Найза қаруымен соғысатын сарбаз, найзагер.*

**НАЙҚАЛ=** ет. **1.** *Шайқалу, ырғалу, теңселу.* **2.** ауыс. *Ырғалып-жырғалу, асықпау, саспау.*

**НАЙҚАЛТ=** ет. *Жайқалдыру, ырғалту.*

**НАЙҚАЛТУ** *Найқалт етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙҚАЛУ** *Найқал етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙҚАЛЫП-ШАЙҚАЛ=** ет. жерг. *Ырғалып-жырғалу.*

**НАЙҚАТЫЛ=** ет. сөйл. *Найқалу, шайқатылу, тербетілу, теңселу.*

**НАЙҚАТЫЛУ** *Найқатыл етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙЛОН** зат. хим. *Транспортер таспаларын, балықшы ауларын, тоқыма бұйымдар жасауда қолданылатын, табиғи жібекке ұқсас, бірақ одан берік адипин қышқылымен гексаметилендиаминнің конденсацияланунан түзілетін синтездік полиамидті талшық оқшаулағыш зат.*

**НАЙРА** зат. экон. *Нигерияның ақша өлшемі.*

**НАЙСАП** зат. **1.** *Ант ұрған, бұзық, арамза, нысапсыз.* **2.** *Жексұрын, оңбаған.*

**НАЙСАПТАН=** ет. *Оңбағандық істеу, сұрқиялану.*

**НАЙСАПТАНУ** *Найсаптан етістігінің қимыл атауы.*

**НАЙСАПТЫҚ** зат. *Ант ұрғандық, оңбағандық.*

**НАИТИВИЗМ** зат. теол. *Танып-білудің мистикалық-діни сипаты туралы ілім.*

**НАЙЫБ** зат. көне. *Орынбасар, көмекші.*

**Найыб болды.** *Көмекшілік қызмет атқарды.*

**НАКРИТ** зат. хим. *Алюмосиликаттар қатарына жататын күрделі құрамды минерал.*

**НАҚ[1]** [ар. نقد] үст. *Тұп-тура, дәл.*

**Нақ бір.** *Өзге емес; белгілі біреуге (бір нәрсеге) ғана тән.* **Нақ осы**. *Басқа емес, дәл өзі.*

**НАҚ[2]** сын. жерг. *Бір нәрсенің тазасы (көбінесе қымыздың, сүттің т.б.), араласпаған түрі.*

**НАҚ[3]** үст. жерг. *Қолма-қол, нақты.*

**НАҚ[4]** зат. жерг. *Шын, дәл , рас.*

**НАҚА[1]** үст. сөйл. *Тура бір, нақ бір.*

**НАҚА[2]** үст. жерг. **1.** *Шын, нақты, дәл.* **2.** *Біржолата.* **3.** *Тіпті болмаса, қалайда, нағыз.*

**Нақа болмаса.** *Тым болмаса, әйтпесе.*

**НАҚАБА** зат. көне. *Аты-жөні.*

**НАҚАҚ** [ир. ар. ناحق] сын. **1.** *Жазықсыз, таза.* **2.** *Көпе-көрнеу өтірік, жала, жалған.* **3.** *Бостан-бос, текке, себепсіз.*

**Нақақтан [нақақтан-нақақ] қорлық көрді.** *Құр босқа, бекерге қосақ арасында кетті; бекерден-бекер жазалы болды.*

**НАҚАҚТАН-НАҚАҚ** үст. *Бостан-босқа, бекерден-бекер, көпе-көрнеу.*

**НАҚАҚТЫҚ** зат. **1.** *Әдейі істегендік; арсыздық, ұятсыздық.* **2.** *Күнәсі жоқтық, пәктік, тазалық.*

**НАҚАЛ** [ар. نقل] зат. жерг. *Мақал, нақыл.*

**НАҚЛИЯ** [ар. نقليه] зат. *Дәстүрге, аңызға негізделген қанатты сөздер, афоризм.*

**НАҚЛИЯТ** [ар. نقليه] зат. ***Нақлия.***

**НАҚ-НАҚ** үст. сөйл. ***Нақпа-нақ.***

**НАҚОШ** сын. *Дұрыс емес, қоштауға болмайтын, қате.*

**НАҚПА-НАҚ** үст. *Дәлме-дәл, тұп-тура.*

**НАҚПА-НАҚТЫҚ** зат. *Дәлме-дәлдік, айқындық.*

**НАҚСУ** зат. жерг. *Ішуге арналған таза ауыз су.*

**НАҚСҮЙЕР** зат. этн. *Көп әйел алған ер адамның тоқалдарының ішіндегі сүйіктісі, қадірлісі.*

**НАҚТАЙ** үст. жерг. *Қолма-қол.*

**НАҚТЫ** сын. *Дәл, тура, анық, айқын.*

**Нақты ақпарат.** *Шын, анық мәлімет.* **Нақты бағдарлама.** *Алдын ала жасалған жоспар, оны іске асырудың жолы.* **Нақты байланыс.** *Іс жүзіндегі алыс-беріс, келім-кетім.* **Нақты бейне.** <ағыл. live video> инф. *Мультимедиалық жүйенің нақты уақыт мерзімінде жұмыс істеу қабілеттілігі.* **Нақты бет.** <ағыл. valid page> инф. *Физикалық жадта орналасқан және сондықтан тез қатынас құруға болатын виртуал бет.* **Нақты биржа мәмілесі.** экон. *Нақты тауарды биржа қоймасына жеткізіп бере отырып немесе оны қоймадан ала отырып сату немесе сатып алу жөнінде биржада жасалған мәміле, келісім.* **Нақты еңбек.** экон. *Адамның нысаналы іс-әрекеті; оның ақыл-ой мен күш-жігер жұмсауы.* **Нақты жад.** инф. <ағыл. memory, storage> *Компьютердің барлық негізгі физикалық жады [Орталық процессор программалар мен мәліметтерді орналастырып пайдалана алады].* **Нақты жалақы.** экон. *Қызметкер жалақысының сатып алушылық қабілетін, оның тұтынушылық мәнін көрсететін көрсеткіш.* **Нақты жұмыс.** *Нәтижелі іс, қолға алып істеліп жатқан шаруа.* **Нақты инвестициялар.** экон. *Қаражаттың материалдық өндіріс саласына арналған ұзақ мерзімдік жұмсалымы.* **Нақты кәсіп.** *Белгілі бір шаруашылық, өндіріс түрі.* **Нақты көлем.** инф. <ағыл. real estate> *Интерактивті бейнекескіндер технологиясында қатынас құруға болатын бейнедискідегі кеңістік (кадр орын алатын көлем).* **Нақты көрініс.** *Дәлелді, дәйекті белгі.* **Нақты нәтиже.** *Қол жеткен табыс.* **Нақты өнім.** экон. *Базалық нақты мән; көрсетілетін қызмет немесе дәл сипаттамасы бар және белгіленген сипаттамамен немесе үлгі нөмірімен ұсынылатын идея.* **Нақты пайыздық мөлшерлеме.** экон. *Инфляция ескерілмейтін пайыздық мөлшерлеме.* **Нақты рынок.** экон. *Тауарлар нақты ақшаға сатылып, дереу жеткізілетін рынок [Фьючерстік рыноктан өзгешелігі – бұл рыноктағы сатушылар тауарларды дереу сатуға әзір, ал сатып алушылар тауардың дереу жеткізілуін талап етеді].* **Нақты сан.** инф. <ағыл. real number> *Жылжымалы үтірлі аралас сан, бүтін саннан және бөлшектен құралған сан.* **Нақты сөз.** инф. <ағыл. real literal> *Нақты сан ұсынылған нумерал.* **Нақты тауар.** экон. *Қоймадағы жеке-дара сипаты бар, дереу жеткізілетін немесе жеке-дара сипатынан айырылған, әдетте, офсеттік мәмілемен аяқталатын фьючерстік өзара шарт тақырыбы болып табылатын дерексіз тауарға қарама-қарсы түрде жеткізілетін тауардың нақты топтамалары.* **Нақты тауар жөніндегі келісімшарт.** экон. *Нақты тауар биржасында пайдаланылатын сатып алу-сату келісімшарты.* **Нақты тауармен жасалатын мәміле.** экон. *Фьючерстік рынокта жасалған мәмілеге қарама-қарсы түрде рынокта нақты тауарды сатып алу-сату шарты.* **Нақты тауар рыногы.** экон. *Фьючерстік келісімшарттар бойынша жасалатын саудаға қарама-қарсы түрде нақты тауармен сауда жүргізілетін рынок.* **Нақты топ.** пед. *Адамдардың шамасы шағын, ортақ уақыт пен кеңістікте болатын және нақты қатынастармен біріккен қауымдастығы (мыс., отбасы, мектеп сыныбы, жұмысшылар бригадасы, әскери бөлімше және т.б.).* **Нақты уақыт жүйесі.** инф. <ағыл. real-time system> *Уақыттың нақты өлшемінде ақпаратты өңдеуге арналған есептеуіш жүйе.* **Нақты уақыт мониторы.** инф. <ағыл. real-time monitor> *Нақты уақыт жүйесінің жұмысын ұйымдастыруға арналған басқарушы программа.* **Нақты уақыт режимі.** инф. <ағыл real time processing> *Есептеу желісінің осы желіге қатынасы бойынша сыртқы процеспен әрекеттестігін жасақтайтын мәліметтерді өңдеу режимі.* **Нақты уақыт сағаты.** инф. <ағыл. real time clok> *Ағымдағы нақты астрономиялық уақытты көрсететін микросхема (сағат, минут, секунд).* **Нақты уақытта өңдеу.** инф. <ағыл. real-time processing> *Келіп түсуіне қарай кірістік мәліметтерді өңдеу режимі.* **Нақты іс.** *Бос сөз емес, тікелей жұмыс, нәтиже.*

**НАҚТЫЛА=** ет. **1.** *Егжей-тегжейін анықтау, дәлдеу, туралау.* **2.** *Белгілі бір айтылған ойды, идеяны айқындай, мәнерлей түсу.*

**НАҚТЫЛАН=** ет. *Белгілі бір ойдың айқындалуы, істің анықталуы, туралануы.*

**НАҚТЫЛАНДЫР=** ет. *Белгілі бір ой, істі біреу арқылы анықтау, айқындау, туралау.*

**НАҚТЫЛАНДЫРУ=** ет. *Нақтыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚТЫЛАНУ** *Нақтылан етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚТЫЛАҢҚЫРА=** ет. *Анықтаңқырау, нығыздаңқырап сөйлеу, дәлдеңкіреу.*

**НАҚТЫЛАҢҚЫРАУ** *Нақтылаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚТЫЛАТ=** ет. *Белгілі бір ой, пікірді, істің беталысын біреу арқылы анықтау, дәлдеу.*

**НАҚТЫЛАТУ** *Нақтылат етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚТЫЛАУ** *Нақтыла етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚТЫЛЫ** сын. сөйл. ***Нақты.***

**Нақтылы шапшаңдық.** инф. <ағыл. nominal speed> *Құрылғыны пайдаланудың белгілі бір режиміне сәйкес келетін шектік тез әрекеттік.*

**НАҚТЫЛЫҚ** зат. *Деректілік, айқындық, дәлдік.*

**НАҚТЫРАҚ** үст. *Дәлірек, дұрысырақ.*

**Нақтырақ айтсақ [айтқанда].** *Белгілі бір ойды баяндаған кезде, басымырақ, анықтап айтатын ой желісінің алдына қосып сөйлейтін, тыңдарманның зейінін аударуды мақсат еткенде қолданылатын сөз.*

**НАҚУ** [ар. نحو] зат. жерг. *Ескі оқу.*

**НАҚҰРЫС** [ир. نادوروست] сын. *Ақылсыз, есерсоқ, жынды, есуас. // Ақылсыз, есерсоқ, есуас адам.*

**НАҚҰРЫСТАН=** ет. *Ақылынан адасу, есерсоқтану, есалаңдану.*

**НАҚҰРЫСТАНУ** *Нақұрыстан етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚҰРЫСТАУ** сын. *Есерсоқтау, есалаңдау.*

**НАҚҰРЫСТЫҚ** зат. *Есерсоқтық, жарым-естік.*

**НАҚЫЛ** [ар. نقل] зат. ***Нақыл сөз.***

**Нақыл сөз.** *Өмір тәжірибесіне, даналық тұжырымға, логикалық қисын мен ғибратты өнегеге негізделген терең ойлы, түйінді сөз.*

**НАҚЫЛДА=** ет. *Өнегелі өсиет, аталы сөз айту.*

**НАҚЫЛИЯТ** зат. жерг. *Нақыл, сөз жүйесі, афоризм, қара сөз.*

**НАҚЫЛШЫ** зат. *Өнегелі, өсиетті сөздермен сөйлейтін ақылман кісі.*

**НАҚЫС**[1] [ар. نقش] зат. **1.** *Әшекейлі ою-өрнек, нақыш.* **2.** *Ерекше мәнер, өзіндік бедер.* **3.** *Ән-күйдің өзіндік мақамы, ерекше сазы.* **4.** *Бедерлілік, көркемділік.*

**Нақысына келді.** *Мәнерленді, үйлесім тапты, сәні кірді.* **Нақысын келтірді.** *Үйлесімін тапты, сәнін кіргізді, мәнерледі.*

**НАҚЫС**[2] зат. жерг. *Кішкене бел, асу.*

**НАҚЫСТА=** ет. **1.** *Әшекейлі оюлармен өрнектеу, бағдарлау.* **2.** *Ән-күйді сазына, ырғағына келтіріп, мәнерлеп орындау.* **3.** *Әңгімені, сөзді көркемдеп, шебер тілмен жеткізу.*

**НАҚЫСТАЛ=** ет. **1.** *Әшекейлі оюлармен өрнектелу.* **2.** *Бедерлену, белгілену.*

**НАҚЫСТАЛУ** *Нақыстал етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚЫСТАУ** *Нақыста етістігінің қимыл атауы; бағдарлау.*

**НАҚЫСТЫ** сын. **1.** *Ою-өрнекті, әшекейлі, бағдарлы.* **2.** *Сазды, әуезді, ырғақты.* **3.** *Көркем, бедерлі.*

**НАҚЫСШЫ** зат. <франц. graveur> *Қатты жазық беттерге (металл, ағаш, шыны және т.б.) кескіш аспаптармен немесе химиялық жолмен суреттер, жазулар салатын маман.*

**НАҚЫШ** [ар. نقش] зат. **1.** *Ою, өрнек, нақыс.* **2.** ауыс. *Ән-күйдің сазы, ырғағы, әуені.* **3.** ауыс. *Өлеңнің шебер, көркем ұйқасы.*

**Нақыш салғыштар.** қолөнер. *Ұшы әртүрлі үлгідегі қайралған болат таяқшалар.* **Нақышына [нақышын] келтірді.** *Көркемдеді, мәнерледі, үйлесімін тапты.* **Нақышына келтіріп сөйледі.** *Көркемдеп, мәнерлеп айтып берді.* **Нақышын тапты.** *Қаламгердің не өнер адамының өзіне ғана тән мақамын жасауы.*

**НАҚЫШТА=** ет. **1.** *Оюлау, өрнектеу, әшекейлеу.* **2.** ауыс. *Ән-күйді сазына, ырғағына келтіріп мәнерлеп орындау.* **3.** ауыс. *Мәнеріне келтіріп, сөйлеу, нығарлау, саңқылдау.*

**НАҚЫШТАЙ** сын. *Өрнектей, бедердей.*

**НАҚЫШТАЛ=** ет. *Әшекейлену, өрнектелу.*

**НАҚЫШТАЛУ** *Нақыштал етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚЫШТАТ=** ет. *Біреуге ою-өрнек салдырту, кестелету, әшекейлету; әдемілету.*

**НАҚЫШТАТУ** *Нақыштат етістігінің қимыл атауы.*

**НАҚЫШТАУ** *Нақышта етістігінің қимыл атауы.*

**Нақыштау шеберханасы.** *Нақыштау жұмыстары орындалатын орын.*

**НАҚЫШТЫ** сын. **1.** *Оюлы, өрнекті, әшекейлі.* **2.** *Сазды, әуенді, ырғақты.*

**Нақышты аңғарлар.** геол. *Жасы әрқилы, әртүрлі аңғарлардың бірігуінен немесе өзен торабының қайта түзілуінен (мұздық, лава және т.б. бөгеп тастағанда) пайда болатын аңғарлар.*

**НАҚЫШТЫЛЫҚ** зат. *Әдемілік, көркемдік.*

**НАҚЫШШЫ** зат. *Ою-өрнек кәсібін меңгерген зергер, оюшы.*

**НАЛ** зат. жерг. *Дымқыл, ылғал.*

**НАЛА** [ир. ناله] зат. *Мұң-шер, қапа.*

**Нала болды.** *Қуса болды, мұңға батты, қапаланды.* **Нала кешті.** *Қайғырды, қасірет тартты.* **Нала қылды.** *Зарын айтып, мұңын шақты, іштегі қайғысын айтып шер тарқатты.*

**НАЛА-ҚАЙҒЫ** зат. *Қасірет, опа, өкініш.*

**НАЛАЛЫ** сын. *Мұңлы-шерлі, құсалы.*

**НАЛА-МҰҢ** зат. *Уайым, қайғы, шер.*

**НАЛАШ** [ир. نالش]: **налаш қапты.** ескі кіт. *Налыды, ішқұса болды.*

**НАЛИГЕШ** зат. жерг. *Бас жіп.*

**НАЛИМ** зат. зоол. *Кәсіптік маңызы шамалы, теңбіл дақты жіңішкелеу келген ұзынша балық.*

**НАЛУ** *Налы етістігінің қимыл атауы.*

**НАЛЫ=** ет. *Күйіну, қамығу, ренжу.*

**НАЛЫҚ**[1] зат. жерг. *Екі жегулі өгіздің басын байлайтын шынжыр.*

**НАЛЫҚ**[2] зат. жерг. *Қайғы, қасірет, уайым.*

**НАЛЫН=** ет. *Құсалану, назалану.*

**НАЛЫҢҚЫ** сын. *Реніште, күйзеліңкі.*

**НАЛЫС** зат. *Реніш, өкпе-наз, күйзеліс.*

**Налыс етті.** *Қапаланды, іштей қиналды, күйзелді.* **Налыс қылды.** *Ренжіді, қамықты.*

**НАЛЫС=** ет. *Ренжісу, қамығысу.*

**НАЛЫСТЫ** сын. *Реніште, кейісті.*

**НАЛЫСУ** *Налыс етістігінің қимыл атауы.*

**НАЛЫТ=** ет. *Ренжіту, қамықтыру.*

**НАЛЫТУ** *Налыт етістігінің қимыл атауы.*

**НАЛЫШ** зат. ескі кіт. ***Налыс.***

**НАМ**[1] [ир. نام] зат. көне. **1.** *Есім, адам аты.* **2.** ауыс. *Даңқ, атақ.*

**Нам қылды.** *Жария етті, баян қылды.* **Намына лайық.** *Абырой, атағы, беделіне сәйкес, жарасымды.* **Намын өшірді.** *Атын өшірді (талқандады, көзін жойды, жоқ қылды).*

**НАМ**[2] зат. жерг. *Қызылшаның жарамсыз қалдығы.*

**НАМА**[1] зат. жерг. *Баян.*

**НАМА**[2] зат. жерг. *Нұсқау, жоба.*

**НАМА**[3] [ир. نامه] зат. көне. **1.** *Жазылған хат.* **2.** *Шығарылған бәйіт, дастан.* **3.** діни. *Қасиетті кітап немесе пенденің өлгеннен кейін берілетін жаман, жақсы істер түгел тіркелген амал дәптері деген мағынада.*

**НАМАҒЛҰМ** [ир. ар. نامعلوم] сын. ескі кіт. *Белгісіз, мәлім емес.*

**НАМАЗ** [ар. نماز] зат. діни. **1.** *Ислам дінін ұстаған діндар адамдардың мұсылмандық бес парызының негізгісі; Аллаға бағыштап күніне бес рет бекітілген қимыл ишараттар жүйесіне сәйкес белгіленген уақыт бойынша, Құран сүрелері мен дұға оқып өтейтін құлшылығы.* **2.** *Жаназа намаз (қайтыс болған адам рухына бағышталып оқылатын намаз).* **3.** ауыс. бейн. *Сүйген іс.*

**Намазға жығылды**. а) *Құдайға құлшылық етіп, намаз оқыды.* ә) *Мұсылман діні жолына түсті, бес уақыт парыз намаз оқи бастады.* **Намаз бөлмесі.** сөйл. ***Намазжай.*** **Намазға ұйыды**. *Сәждеге жығылды, жан-жақтағының бәрін ұмытып, Алла алдындағы құлшылығын ғана ойлады.* **Намазға іждәт қылды.** діни. *Намаз оқуға міндеттенді, бес уақыт Аллаға құлшылық етіп, намаз оқуға мойынсұнды.* **Намаз оқу**. діни. а) *Бес уақыт сәждеге бас қою.* ә) *Мұсылманның Алла алдындағы бес парызының бірін өтеп, Аллаға құлшылық ету, мұсылмандық жолға түсу.* **Намаз оқушы.** *діни. Намазхан адам, Аллаға құлшылық етіп, мұсылманның бес парызының бірі ретіндегі намазды орындаушы кісі.* **Намаз оқыды**. *діни. Аллаға құлшылық етіп, мұсылманға парыз етілген ғибадатын тәртібі, рәсімі бойынша орындады.* **Намаз палуан.** *Намазхан, намаз оқитын адам.* **Намаз сабағындай**. *Мұқият, тиянақты, тыныш.* **Намазы бұзылды**. діни. *Намаз оқудың исламдық шарттарына сәйкес намазды бұзатын күнә немесе мәкрүк әрекет жасады.* **Намазы қаза болды**. а) *Бес уақыт намазы оқылатын мерзімі өтіп кетті, оқылмай қалды, мойнына парыз болып қалды.* ә) сөйл. *Бір нәрсесі кетті ме, бір нәрсе боп қала ма деген мағынада.* **Намазын қаза жібермеді**. діни. *Намазын қаза етпеді, ылғи уақытында оқып отырды.* **Намазын қаза қылды.** діни. *Намазын уақытылы оқымады, парызын өтемеді.* **Намазын тастамайды**. *Намазын мезгілінде оқиды, дін жолына берілген адам қаза қылмайды.*

**НАМАЗГӨЙ** зат. экспр. жақтырмау. *Діндар, намазшыл.*

**НАМАЗДА=** ет. *Намаз оқылу, жаназасын шығару.*

**НАМАЗДАЙ** сын. *Намаз оқығандағыдай.*

**НАМАЗДЫГЕР** зат. **1.** *Күн еңкейіп, ұясына кіруге таянған кез.* **2.** *Екінті намаз, сол намазды өтейтін шақ.*

**Намаздыгер кезінде.** *Намазшам уақыты болғанда.*

**НАМАЗДЫҚ** зат. этн. *Мәсінің басы, тұмсығы.*

**НАМАЗЖАЙ** зат. *Намаз оқитын орын, арнайы бөлме.*

**НАМАЗҚОЙ** сын. жерг. *Намазшыл.*

**НАМАЗҚҰМАР** сын. *Намазшыл, намазын қаза қылмаушы деген мағынадағы атеистік көзқарас басым болған кеңес дәуірі кезеңіндегі жиі айтылатын жағымсыз мәндегі сөзқолданыс.*

**НАМАЗШАМ** зат. *Кешкі намаз оқылатын кез, ақшам.*

**НАМАЗШАГҮЛ** зат. өс. *Намазшам кезінде ғана гүлдеп, күн шығар алдында қайтадан жабылып қалатын, гүлінің түсі – қызыл сәндік үшін қолдан өсірілетін мәдени өсімдік.*

**НАМАЗШЫ** зат. *Намаз оқитын адам. // Намаз оқып тұрған, намаз оқитын.*

**НАМАЗШЫЛ** сын. *Намазын қаза етпейтін діндар.*

**НАМАЗХАН** зат. *Намазға жығылған, ислам діні жолына берілген адам. // Намазға жығылған, мұсылмандық парызын өтейтін; имандысы.*

**НАМАҚҰЛ** [ир.ар. نامعقول] сын. ескі кіт. *Дұрыс емес, теріс.*

**Намақұл сөз.** *Жүйесіз сөз, орынсыз айтылған сөз.*

**НАМАНҚҰЛ: наманқұл болды.** *Бас иді, кешірім сұрады, кішілік жасады.*

**НАМАРД** [ир. نامرد] үст. көне. *Мақұрым, құрқал, бос.*

**НАМАХРАМ** [ир. نامخرم] үст. ескі кіт. *Бей-берекет, себепсіз.*

**НАМЕ** [ир. نامه] зат. ескі кіт. *Нама, хат.*

**НАМҰРАТ** [ир. نامراد]: **намұрат болды.** ескі кіт. *Мұратына, мақсатына жете алмады.*

**НАМЫ** зат. *Дым, ылғал, сыз.*

**НАМЫС** [ир. ناموس] зат. *Адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен ояныл, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні; ар-абырой, ұлттың, жеке бастың абыройы.*

**Намыс болды.** *Ұят, ар-намысқа тиетін әрекет болды.* **Намыс етті.** *Намыстанды, намысы аяққа тапталды.* **Намыс кернеді.** *Қорланғаннан іші ызаға толды ызаланды, өш алуға бел буды.* **Намыс көрді.** *Ар, ұят деп есептеді, өзіне мін санады.* **Намыс қайда.** *Намысын қайрап, ұялту үшін айтылатын сөз.* **Намысқа қызды.** *Намысын жібергісі келмеді, жыртысын жыртты.* **Намысқа тиді**. *Ар-ұятына тиді, намыстандырды, ар-ұжданына тиерлік әрекет істеді.* **Намысқа тию.** *Ар-абыройына, адамгершілік қасиеттеріне тиетін сөз айту, кемсіту.* **Намысқа тұрды**. *Намысын ойлады, ар-ожданын, адамгершілігін жоғары қойып қорғады.* **Намысқа тырысты.** *Артындағы қолдаушыларының үміт-сенімін ақтау үшін барын салды, ар-абыройын сақтауға әрекет етті.* **Намысқа шыдамады**. *Намысын жібермеді, есесін кетірмеді.* **Намыс қоздады [қозды].** *Намыс оты оянды, ыза қатты кернеді.* **Намыс қылды**. *Кемітті, басынды деп тепсінді, қорланды, қайратына мінді.* **Намыс қысты**. *Ұяттан қорланды, арланып қорланды.* **Намыс ойлады.** *Ар-ұятына, өзінің қағидаттарына адал болды.* **Намыстан жарылып өлді.** *Ар-ожданын, ұятын бәрінен де жоғары қоя білді, соның жолында жанын пида етті.* **Намыс туы.** поэт. *Ар-ождан, жеке бастың абыройы.* **Намысты аяққа бастырмады.** *Намысын жібермеді, біреуге есесін кетірмеді, аяққа таптатпады.* **Намысты жібермеді [қорғады].** *Ұятқа қалмады, атақ-абыройын сақтап қалды.* **Намысты қастерледі**. *Ар-ожданды бәрінен жоғары қойды, намысты ту етіп ұстады.* **Намысты қолдан бермеді.** *Есе-кегін жібермеді, оңай жеңілмеді, барынша тырысып бақты.* **Намысты ұлтанға піштірді**. бейн. *Намысты аяққа таптады, ойламады.* **Намыс шақырды**. *Шамданып ашу шақырды.* **Намысы кетті.** *Есесі кетті, ар-ожданға тиетін әрекет не сөзге жауап қайтара алмай қалды.* **Намысы қозды.** *Арланды, ар-намысы оянды, намыстанды.* **Намысын артық көрді.** *Ар-ождан, абыройы үшін бәрін садаға етуге дейін барды, абыройын жоғары бағалады.* **Намысына тиді**. *Кемітті, қорлады.* **Намысын аяққа таптады**. *Қорлады, жер қылды, намысына тиді.* **Намысын берген жоқ [бермеді]**. *Есесін жібермеді, жеңілмеді.* **Намысын жақтады.** *Жалған, көлгірсіген ниетпен біреудің сөзін сөйледі, іс-әрекетін қорғамақ болып көрінгісі келді.* **Намысын жаралады.** *Намысын аяққа басты, дақ салды.* **Намысын жерге тықты.** *Жер қылды, таптады, қорлады.* **Намысын жыртты.** *Намысқа шауып болысты, жоғын жоқтады.* **Намысын жібермеді.** *Жерге қаратпады, ұятқа қалдырмады.* **Намысын келтірді.** *Ызаландырды; ар-ожданына тиетін сөз естіді, іс-әрекет көрді.* **Намысын қайрады.** *Намыстандыратын, намысын оятатын сөз айтты, қайрап жіберді.* **Намысын қоздырды [қыздырды, оятты, шұқыды].** *Арын түртті, ар-ожданына, шамына тиерлік әрекет етті.* **Намысын қолдан қоздыру.** *Айтақтау, араға от салып, араздық, тартыс, дау т.с.с. өршіп кетуіне жағдай жасау.* **Намысын қорғады**. *Беделін, атақ-даңқын, өздік «менін» сақтады.* **Намысын қорлады**. *Төмендетті, намысын аяққа басты.* **Намысы ояу**. *Ар-ожданын, адамгершілігін биік, жоғары санайтын.* **Намысы [намыс оты] тұтанды**. бейн. *Жігері қайралды, намысы, ар-ожданы оянды.*

**НАМЫС-КЕК** зат. *Біреуден көрген қорлық, біреуге кеткен есе, ашу-ыза.*

**НАМЫСКЕР** [ир. ناموس‌گر] сын. *Намысқой, намысшыл, ар-ожданын бәрінен артық санайтын.*

**НАМЫСКЕРЛІК** зат. *Намысқойлық, намысшылдық, ар-ождан, абыройын жоғары ұстауды артық көретін құнды қасиет.*

**НАМЫСҚОЙ** сын. *Намысшыл, ар-абыройын жоғары ұстайтын.*

**НАМЫСҚОЙЛЫҚ** зат. *Намысшылдық, ар-абыройын жоғары ұстаушылық.*

**НАМЫСҚОР** сын. *Намысқой, намыскер.*

**НАМЫСҚОРЛЫҚ** зат. *Намысқойлық, намыскерлік.*

**НАМЫССЫЗ** сын. *Ар-намысы жоқ, ынжық, жетесіз.*

**НАМЫССЫЗДЫҚ** зат. *Ар-намысы жоқтық, жігерсіздік, ынжықтық сияқты жеке тұлғаның немесе тұтас ұлт, халық бойындағы қасиетсіздік.*

**НАМЫСТАН=** ет. *Намысы келу, арлану, қорлану.*

**НАМЫСТАНДЫР=** ет. *Намысын ояту, шамына тию.*

**НАМЫСТАНДЫРУ** *Намыстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАМЫСТАНУ** *Намыстан етістігінің қимыл атауы.*

**НАМЫСТАНЫҢҚЫРА=** ет. *Арланыңқырау, іштей ызалану, ұялыңқырау.*

**НАМЫСТЫ** сын. *Намысқор, намысшыл. // Намысшыл адам.*

**НАМЫСТЫЛЫҚ** зат. *Намысқойлық, намысшылдық.*

**НАМЫСШЫЛ** сын. *Намысқой, аршыл.*

**НАМЫСШЫЛДЫҚ** зат. *Аршылдық, намысқойлық.*

**НАМЫТ** зат. жерг. *Апат, шығын.*

**НАМЫТА** зат. жерг. *Бүлiншiлiк, шапқыншылық, әбiгершiлiк.*

**НАН** [ир. نان] зат. тамақ. **1.** *Бидай ұнына ашытқы салып, су қосып илеген қамыр.* **2.** *Ашытқан қамырдан пешке пісірілген төртбұрыш, домалақ пішіндегі құрамында күш-қуат беретін дәрумендері көп тағам.* **3.** этн. *Қазақ халқының материалды мәдениетінде барлық астан, тағамдардан қасиеті жоғары саналатын, ас атаулының атасы, негізгісі.* **4.** *Асылған еттің сорпасына пісіріп, етпен бірге әкелінетін нан шелпек, қамыр, жайма.*

**Нан ассортименті.** тамақ. *Қара бидай ұнының пеш табанында пісірілетін және жақсартылған, қара бидай және бидай ұнынан пісірілетін екінші, бірінші, жоғары сұрыпты ұннан пісірілетін нандардың жиынтығы.* **Нан ауыз тиді.** этн. *Дастарқанға келуге уақыты жоқ, үйге кіріп-шыққан, асығыс шаруа мен келген адам дастарқанның берекесін берсін деп наннан алып жеп, ырымын жасады.* **Нанды кертпелеу.** тамақ. *Нанның кейбір сорттарының әсіресе майқоспа нандардың сыртқы беттеріне көлденең немесе ұзына бойына оймыштап пышақпен, қолмен немесе механизмдермен сызықтар салу.* **Нан жайды.** *Нанды жұқартты, жаймалап жұқалады.* **Нан жапты**. *Нанды пешке салып не қабырғасына жапсырып пісірді.* **Нан жауғыр.** *Молшылық болсын деген мағынадағы зілсіз қарғыс.* **Нан жерлік**. *Күн көрерлік, бала-шағасын асырарлық.* **Нан иледі**. *Нан немесе жайма еттің сорпаға пісетін шелпегін дайындау үшін ұнды тұзды суға араластырып, тұтқыр қамыр жасады.* **Нан квасы.** тамақ. *Қара бидай наны немесе уыт қосылған қара бидай ұнынан дайындалатын қышқылтым сусын.* **Нан кеуектілігі.** тамақ. *Ашытып пісірілген нан өнімдерінің ішіндегі майда кеуектердің болуы.* **Нан көмді.** *Нанды табаға салып, күлге көміп пісірді, нан жапты.* **Нан пісірді**. *Ашытқы қосып қамыр қойып, пешке, табаға нан салды.* **Нан пісіру.** тамақ. *Бидай, қарабидай т.б. дақылдар ұнына ашытқы, тұз, су, сондай-ақ сүт, жұмыртқа қосып қамыр илеп, көтерілген соң пешке пісіретін технологиялық процесс.* **Нан салды**. жерг. *Пісіруге дайын қамырды табаға салып, пешке тықты.* **Нан сындырды.** этн. *Уәдеден тайсам, нан ұрсын деп қарғанды.* **Нан тепті.** *Арамтамақ, жатыпішер, астамшылық.* **Нан ұрсын [атсын]!** *Өтірік болса, несібесіз, ас-сусыз қалайын деген мағынада.* **Нан ұстады**. *Адал екендігін нан ұстап дәлелдеді.* **Нан үшін**. *Күн тірлік, күнкөріс үшін.* **Наным бар, наным бар дегенше**. *Бітпей жатқан шаруам бар дегенше.* **Нанын тауып жеді [нан тапты].** *Күнін көрді, тамағын асырады.* **Нан ысты.** жерг. *Етке салатын қамырды жұқалап жайды.* **Наны таусылды**. *Бұйырған ризығы, татар дәмі бітті, ажалы келді.*

**НАН=** ет. *Бір дерекке сену, илану.*

**НАНҒЫСЫЗ** сын. *Сенуге, илануға болмайтын, нанымсыз.*

**НАНҒЫШ** сын. *Жоқтан өзгеге сенгіш, илангыш.*

**НАНҒЫШТАУ** сын. *Не болса соған сене беретін, илангыштау.*

**НАНҒЫШТЫҚ** зат. *Сенгіштік, илангыштық.*

**НАНДАЙ** сын. *Нан сияқты, нан тәрізді.*

**НАНДАН=** ет. жерг. *Бидайдың бас тартқан соң, сүтінің қата бастауы.*

**НАНДУ: нанду тәрізділер.** зоол. <лат. rheiformes> *Қырсыз төсті құстардың бір отряды, Америка түйеқұстары.*

**НАНДЫҚ**[1] сын. жерг. *Нангыш, сенгіш, аңқау.*

**НАНДЫҚ**[2] сын. **1.** *Нанға тән (сапа, қасиет).* **2.** *Нанға келетін, татитын.*

**НАНДЫР**= ет. *Сөзіне сендіру, иландыру.*

**НАНДЫРУ** *Нандыр етістігінің қимыл атауы.*

**НАНЖИДЕ** [ир. نانجيده]. зат. өс. *Үлкен жемісті жиде ағашы және оның жемісі.*

**НАНКЕ** зат. *Сарғылт түсті қалың мата.*

**НАНКЕСЕР** зат. жерг. *Нан турайтын, кеспе кесетін пышақ.*

**НАНО...** [грек. nannos] физ. *Миллиардтан бір бірлікке тең дегенді білдіретін күрделі сөздің алғашқы сыңары.*

**НАНОЖАД** зат. инф. *Микробағдарламалаудың қосдеңгейлі орындалуы кезінде нанонұсқау табылатын екінші басқарушы жад.*

**НАНОМЕТР** [грек. nannos – ергежейлі, metron – өлшем] зат. *Метрдің миллиардтан бір бөлігіне тең ұзындық өлшеу бірлігі.*

**НАНОНҰСҚАУ** зат. инф. *Микробағдарламалаудың қос деңгейлі орындалуы кезінде микронұсқаудың орындалуына қажетті бір немесе бірнеше базистік операцияларды беретін нұсқау.*

**НАНОТЕХНОЛОГИЯ** [грек. nanos – ергежейлі, techne – технология] зат. ғыл. *Нанометр - миллиард метр үлесі көлемінде технологиялық процестерді ұйымдастыру және жүзеге асыру.*

**НАН-ПАН** зат. сөйл. *Наны бар, басқасы бар, аздау тамақ.*

**НАНСАЛМА** зат. жерг. **1.** *Еттің наны.* **2.** *Кеспе.*

**НАНСАУЫТ** зат. *Нан салатын себет немесе жабық ыдыс.*

**НАНСОҒАР** сын. **1.** *Басқа тамақтан гөрі нанды көп жейтін.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Арамтамақ.*

**НАНСҮЗГІ** зат. жерг. *Кәкпір, кепсер.*

**НАНСЫЗ** сын. *Нан жоқ; нан болмайынша.*

**НАНТАҚТАЙ** зат. жерг. *Қамырды илеп, оқтаумен жазып, кесетін тақтай.*

**НАНТҰЗДЫҚ** зат. жерг. *Суға майды қосып, үстіне нан есіп салып жасайтын тағам.*

**НАНТҰРЫШ** зат. жерг. *Ашытқы.*

**НАНТАЛАП** сын. жерг. *Үміткер, талапкер.*

**НАН-ТОҚАШ: нан-тоқаш өнімдері.** тамақ. *Нанның негізгі, кең таралған және басқа түрлері (майқоспа нандар, тоқаштар және т.б.).*

**НАНТУРАУЫШ** зат. *Нанды әртүрлі қалыңдықта кесуге арналған нан турау мәшинесі.*

**НАНТІКЕШ** зат. жерг. *Тандырға жабатын тоқаштардың бетіне өрнек салатын құрал.*

**НАНУ** *Нан етістігінің қимыл атауы.*

**НАНХАНА** зат. сөйл. ***Наубайхана.***

**НАНША** үст. *Нан құсатып.*

**Нанша иледі.** *Барынша жаншыды, қатты езді.*

**НАНШЫ** зат. *Наубайханада нан пісіруші.*

**НАНЫМ** зат. **1.** *Бір нәрсеге көзі жетіп иланушылық, сенім.* **2.** терм. *Дүниені, өмірді, адамдар қарым-қатынасын танып-талдап және ой елегінен өткізіп, игеруден туатын тұжырым-түйін.*

**Наным кетті**. *Сенім кетті, иланбайтын болды.* **Нанымы жоқ**. *Шын сөзі жоқ, сендірері жоқ.*

**НАНЫМДЫ** сын. *Күмәнді емес, сенімді.*

**НАНЫМДЫЛЫҚ** зат. *Айтылған пікірге көз жетушілік, сенімділік.*

**НАНЫМПАЗ** сын. сөйл. *Нангыш, сенгіш.*

**НАНЫМСЫЗ** сын. *Сенуге болмайтын, шындығы күмәнді.*

**НАНЫМСЫЗДАУ** сын. *Сенімсіздеу, күдіктеу.*

**НАНЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Сенімсіздік, күдіктілік.*

**НАНЫС=** ет. *Сенісу, көз жеткізісу.*

**НАПАҚАЛА=** ет. жерг. *Талау, қорлау.*

**НАПАЛМ** зат. хим. *Құрамына жанармай (бензин, керосин, т.б.) мен қоюлатқыш (алюминий тұздары) кіретін заттардың қоспасы; өрт шығаратын қоспаларға қосылатын қою масса.*

**НАПИТ** зат. жерг. *Қырғын, апат.*

**Напит болды.** жерг. *Қырғынға ұшырады, қырылды.*

**НАР**[1] зат. зоол. **1**. *Жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.* **2.** ауыс. *Үлкен, мықты, үздік, ерекше тұлға. // Мықты, алып, ірі.* **3.** этн. *Барлықтың, байлықтың, жиналған дәулеттің басы болып табылатын төрт түлік малдың асылы, киелісі.* **4.** этн. *Сыйлы, қадірлі, ардақты қонағы, ағайын, құрдасын құрметтеуде тартылатын сый-сияпат, жоралғы.*

**Нар атандай [нар еді, нарға жүгін салғысыз]**. *Өте күшті, өте ірі, қайратты деген мағынада.* **Нар байлаған.** *Түйелі, дәулетті, берекелі ауылдың келбеті.* **Нар болат.** *Ірі, ауыр, болат найза.* **Нар бота.** *Бура мен аруанадан туылса да, нарға тартқан бота.* **Нар бөрік.** *Төбесін нардың өркеші тәрізді етіп шошайта тіккен бөрік.* **Нар бурадай.** *Буырқанған, бусанған, тулаған алып күштің иесі, бура сияқты.* **Нар бурадай шабынды**. *Қатты айбат көрсетті; ашумен шиыршық атты.* **Нар бураның санындай.** фольк. *Үлкен, етті.* **Нар денелі.** *Зор, еңгезердей.* **Нардың жүгін көтерді**. *Бар ауыртпалықты мойнына алды.* **Нарды шапса, бүлк еткен.** *Өткір қылыш сыны.* **Нар жайлау**. *Қан жайлау, жайлауда болатын мерзімнің нағыз, орта, қызған шағы.* **Нар жігіт.** *Басына түскен қиындыққа мойымай, ел басқарып, көш бастауға даяр тұратын, басын бәйгеге (қауіп-қатерге) тігетін, ауыр азапты көтеруге тәуекел ететін мықты жігіт.* **Нар келі.** *Ішіне 4-5 шелекке дейін дән құюға болатын үлкен келі.* **Нар киік.** поэт. *Үлкен, кедергісі көп, қол жеткізбейтін арман.*

**Нар көңіл**. *Көңілі кең, жомарт.* **Нар көтерер жүк.** *Адам айтқысыз ауыр, салмақты зат.* **Нар кілем.** *Үлкен кілем.* **Нар қақпалы.** *Биік қақпалы.* **Нар қамыс**. *Биік, ұзын, жуан біткен ну қамыс.* **Нар қасқа.** *Тұлпар, асыл тұқымды жылқы.* **Нар ноқта**. *Әдейілеп тоқып жасаған түйе ноқтасы.* **Нар тайлақ.** *Көбіне жалғыз өркеш боп туған, 1–2 жас аралығындағы будан боталардың жалпы атауы.* **Нар тәуекел**. *Жағдайдың қиын екенін біле тұра, барлық қиыншылықты сезе отырып, батылдықпен бел шешіп кіріскендік.* **Нар тәуекелге бел байлады**. *Қиыншылықты сезе тұра бір іске көз жұмып кірісіп кетті.* **Нар текті**. *Ірі, алып тұлғалы; қадірлі.* **Нар түйе**. з о о л . *Арқасында бір үлкен өскіні болатын, күйіс қайтаратын жұптұяқты ірі мал түрі, нар.* **Нар түйедей көтерді**. *Ауыртпалыққа шыдады.* **Нар шөккен орындар**. б е й н . *Киелі, берекелі, дәулетті қоныс.* **Нар шөкті.** *Тұрақтап қалды.*

**НАР**[2] з а т . *Ұйықтап, демалуға арналған сәкі, сөре.*

**НАР**[3] з а т . ж е р г . *Тақтайдан жасалған астық құйып қоятын жер.*

**НАРАЗДЫҚ** з а т . *Басараздық, наразылық.*

**НАРАЗЫ** [ир.ар. ناراضى]. с ы н . *Бір нәрсеге қарсы, разы емес. // Белгілі бір идеяға, іс-әрекетке қарсылар, қолдамайтындар тобы.*

**Наразы болды**. *Қарсы болды, ренжіді, риза болмады.* **Наразы қылды**. *Өкпелетті, ренжітті; қарсы болды.*

**НАРАЗЫЛАН=** е т. *Бір нәрсеге разы болмау, қарсы шығу.*

**НАРАЗЫЛАУ** с ы н . *Разы еместеу, реніштілеу.*

**НАРАЗЫЛЫҚ** з а т . **1.** қ о ғ . - с а я с и . *Қандай да бір жүйеге, ережеге, іс-шараға, ой -пікір, тұжырымға, шешімге немесе мемлекет саясатына қатысты қоғам мүшелері арасында туындаған қарсылық.* **2.** *Келіспеушілік, қолдамаушылық, реніш.*

**Наразылық акциялары.** қ о ғ . - с а я с и . *Саяси күш қолдануды қарастырмайтын оппозициялық талаптардың көрінісі.* **Наразылық білдірді.** *Қарсы екенін, қолдамайтынын ісімен, сөзімен көрсетті.* **Наразылық жалауы.** с п о р т . *Басқа қайық жарыс ережесін бұзғанда, жарыс ережесі бойынша наразылық білдірген қайықтың көтеретін жалауы.* **Наразылық туғызды.** *Келіспеушілікке бастады, қарсылық әкелді.* **Наразылық туды.** *Келіспеушілік пайда болды, өзара қарсылық орын алды.*

**НАРАУ**[1] [ир.نزار] с ы н . *Әлсіз, нашар.*

**Нарау тартты.** *Болдырды, жүрісі баяулады.*

**НАРАУ**[2] ү с т . к ө н е . *Асықпай, жайбарақат.*

**НАРАУЛАУ** с ы н . *Әлсіздеу, нашарлау.*

**НАРАУЛЫҚ** з а т . *Көңілсіздік, жайсыздық.*

**НАРАУСЫ =** е т. *Болдыру, баяулау.*

**НАРБОТА** з а т . *Аруанадан туған төл, бота.*

**НАРГҮЛ** з а т . ө с . ***Жалынгүл.***

**НАРҒИЯ** з а т . ө с . *Бидайықтың бір түрі, түкті бидайық.*

**НАРҒЫЗ** з а т . ө с . с ө й л . ***Нарғызгүл.***

**НАРҒЫЗГҮЛ** з а т . ө с . <лат. dahlia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бадаңалы, көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**НАРДАЙ** с ы н . **1.** *Үлкен, түйедей, сомадай.* **2.** *Нар сияқты, нар тәрізді.*

**Нардай шөгіп қалды**. *Қартайды, жүре алмай қалды.*

**НАРДАЙ-НАРДАЙ** с ы н . б е й н . **1.** *Елге танымал, қызметі жоғары.* **2.** *Үлкен-үлкен, ірі-ірі.*

**НАРДЫБЕС** з а т . *Желдің бағыты.*

**НАРЕЛ** з а т . б а л ы қ ш а р . *Жылымның қанатын бір үкіден екінші үкіге айдап отыратын түзу ағаш.*

**НАРИГЕН** з а т . ө с . с ө й л . *Құнарлы шөптердің бір түрі.*

**НАРИЗА** с ы н . е с к і к і т . ***Наразы.***

**НАРКЕСКЕН** з а т . к ө н е . э т н . *Сом болаттан соғылған екі жүзді түзу қылыш.*

**НАРКЕСКЕНДЕЙ** с ы н . *Наркескен тәрізді, наркескен сияқты.*

**НАРКЕШ** з а т . *Керуен көштердегі нарды жетектеуші, түйекеш.*

**НАРКОЗ** [грек. narkosis] з а т . м е д . *Тәннің белгілі бір бөлшегіндегі сезімділікті жасанды жолмен жансыздандыру немесе еш нәрсені сезбестей етіп ұйықтату әдісі.*

**НАРКОМАН** з а т . с ө й л . ***Нашақор.***

**НАРКОМАНИЯ** [грек. narke – мелшею, mania – ессіз] з а т . с ө й л . ***Нашақорлық.***

**НАРКОТИК** [грек. narkotikos] з а т . ***Есірткі.***

**НАРКОТИКАЛЫҚ** с ы н . *Нашаға, есірткіге қатысты.*

**Наркотикалық өнім**. *Есірткі заттар.*

**НАРКӨЗ** з а т . ж е р г . *Кішкене тостаған.*

**НАРКҮМАН** з а т . ж е р г . *Дүдамал, екіұшты, әрі-сәрі.*

**НАРКҮМІС** з а т . *Улы алмас, сынап хлориді.*

**НАРҚАЙСАРЛАР** з а т . ө с . <лат. verbenaceae> *Ерiндігүлділер қатарына жататын ағаш, жартылай бұта, кейде шөптесін өсімдіктер.*

**НАРҚАСҚА** с ы н . *Мәрт, нағыз, нақ.*

**НАРҚОСПАҚ** з а т . *Нар мен қос өркешті түйенің арасынан шыққан будан.*

**НАРҚҰМАН** з а т . ж е р г . *Үлкен құман.*

**НАРҚЫЗЫЛ** з а т . ж е р г . *Кішкене қызыл бидай.*

**НАРЛЫ** с ы н . *Нары бар, нарға мінген.*

**НАРЛЫҚ** з а т . **1.** *Нар қасиетіне ие болушылық.* **2.** а у ы с . *Қажымастық, күштілік, мықтылық.* **3.** а у ы с . *Жомарттық, мәрттік, дарқандық.*

**Нарлық көрсетті.** а) *Жадап-жүдемеді, өзін ұстады.* ә) *Ірілік танытты.*

**НАРПОЗ** з а т . б о т . *Бұлақтың, арықтың бойына шығатын иісті шөп.*

**НАРПОС** с ы н . *Қызғыш-күрең.*

**НАРПОСТА** = е т. к ө н е . *Қызыл түске бояу [парсының анар және пост (тері) сөздерінің тіркесі бойынша анардың қабығындай дегеннен шыққан қызыл түске бояу мағынасындағы анарпостта формасынан ықшамдалған сөз].*

**НАРПОСТАУ** *Нарпоста етістігінің қимыл атауы.*

**НАРПЫЗ** з а т . ж е р г . *Сай-салалы жерде өсетін бояулы шөп.*

**НАРСАЛМА** з а т . ж е р г . *Шығырдың науасынан басталған үлкен арық.*

**НАРСЕЛЕУ** з а т . ө с . *Ұзындығы 60 см-дей, бұтағы қатты, басы ағарып, желпілдеп тұратын өсімдік.*

**НАРТ**[1] с ы н . *Шымқай қызыл, қып-қызыл.*

**Нарт соғыс**. *Қиян-кескі соғыс.*

**НАРТ**[2] з а т . *Итке не бұғыға жегуге арналған сібір халқының жіңішке ұзын шанасы.*

**НАРТТАЙ** с ы н . *Қып-қызыл боп қызарған, албыраған.*

**Нарттай жайнады [қызарды, жанды].** *Қызыл шырай тартып құлпырды, балбұл жанды.* **Нарттай жанды**. *Қып-қызыл болды, бетінен қаны тамды.* **Нарттай қызарды.** *Алабұртып құлпырды, бал-бұл жанды.* **Нарттай қызыл.** *Албыраған қып-қызыл.*

**НАРТТАН=** е т. **1.** *Күннің батар жақты шымқай күрең-қызыл түске малындырып батуы.* **2.** *Ыстықтан не іштей ұялғаннан екі беттің дуылдап қызаруы.*

**НАРТТАНУ** *Нарттан етістігінің қимыл атауы.*

**НАРУАЙ** [ир.ناروا] з а т . е с к і к і т . *Рұқсат етілмеген; қолайсыз, қабыл етілмейтін.*

**НАРУАНА** [ир.نارواني] з а т . к ә с . *Нарға жүк арту үшін істелген арнаулы жабдық.*

**НАРША**[1] з а т . *Буыршын нар, жас нар.*

**НАРША**[2] з а т . ж е р г . *Көңіл күй, маза.*

**Наршаны алды.** ж е р г . *Мазаны алды.*

**НАРША**[3] ү с т . *Нар тәрізді, түйеше.*

**НАРЦИСС** [грек. narcissus] з а т . ө с . *Амараллис тұқымдасына жататын бадаңалы көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**НАРЫҚ** [ир. نرخ] з а т . **1.** *Сатылатын заттардың тұрақты құнын білдіретін бағасы.* **2.** э к о н . *Өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы құн, баға, бәсеке, сұраныс, ұсыныс жүйесін білдіретін, реттейтін тауар-ақша айырбасының саласы.* **3.** *Нарықтық экономика.* **4.** *Сауда-саттық орны, еуропа базары.* **5.** а у ы с . *Парық, қадір-қасиет.*

**Нарқы кесілді.** *Бағасы белгіленді.* **Нарқын біледі**. *Бағалайды, бағасын біледі, қадірін біледі.* **Нарық жолы**. с ө й л . *Нарықтық экономика жүйесі.* **Нарық заманы**. *Экономикадағы нарықтық қатынастар кезеңі.* **Нарық заңы**. с ө й л . *Жекеменшік іс жүргізудің бәсеке тәртібі, жолы.* **Нарық кондициясы.** э к о н . а) *Тауарлардың сапасына және тұтынылу қасиетіне оларды рынокта өткізу мүмкіндіктері тұрғысынан тұтынушылар қоятын талаптардың жиынтығы.* ә) *Белгілі бір тауар жеткізілім шартының талаптарына сай келуге тиіс стандарт, норма, сапа.* **Нарық конъюнктурасы.** э к о н . *Рыноктағы сұраным мен ұсынымның арасалмағымен, баға деңгейімен, тауарлардың босалқы қорымен,тапсырыстар қоржынымен сипатталатын жағдай.* **Нарық тетігі.** э к о н . *Тауар мен қызмет көрсетулердің, жұмыс күшінің, қаржы мен бағалы қағаздардың баламалы айырбасын қамтамасыз ететін тауар-ақша қатынастарының тетігі.* **Нарықты жаулап алды**. *Өндіру мен өнімді тарату жолдарын қолына алып алды.* **Нарықты мемлекеттік реттеу.** э к о н . *Рынокта шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеуін мемлекеттік реттеу.*

**НАРЫҚНАМА** з а т . қ а р ж ы . *Тауар бағасын есептеу ісі; калькуляция.*

**НАРЫҚСЫЗ** с ы н . **1.** *Сатылатын зат құнының тұрақсыздығы, белгілі бағасының болмауы.* **2.** а у ы с . *Парықсыз, қадірсіз.*

**НАРЫҚСЫЗДЫҚ** з а т . *Зат құнының төмендігі, арзандық.*

**НАРЫҚТА=** е т. **1.** *Сатылатын заттың құнын белгілеу, бағалау.* **2.** а у ы с . *Парықтау, қадірлеу.*

**НАРЫҚТАУ** *Нарықта етістігінің қимыл атауы.*

**НАРЫҚТЫ** с ы н . **1.** *Бағалы, құнды.* **2.** а у ы с . *Сапалы, құнарлы, қадірлі.*

**НАРЫҚТЫҚ** с ы н . *Нарыққа тән, нарыққа сай.*

**Нарықтық ақпарат.** экон. *Нарықтарды танып-білу, белгілі бір басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті нарықтық қатынастардың барлық қырларын (ұсыным мен сұранымды, жағдаятты, бәсекені, бағаны, т.б.) көрсететін істің мән-жайы туралы мәліметтер, хабарламалар.* **Нарықтық баға.** экон. *Тауар, қызмет немесе өнімнің нарық белгілеген бағасы.* **Нарықтық инфрақұрылым.** экон. *Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің рыноктағы қозғалысын қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелер жүйесі.* **Нарықтық қатынас.** экон. *Тауар өндірушілерге тәуелсіздік, толық дербестік, тауарлардың бағасын еркін белгілеу, тұтынушылар мен жеткізушілерді еркін таңдау, тауарды өткізу бәсекелестігі тән экономикалық қатынас.* **Нарықтық құн.** экон. а) *Тауардың, бағалы қағаздардың, валютаның ағымдағы бағасы; сондай-ақ олардың сатып алынуы немесе сатылуы мүмкін баға деңгейі;* ә) *Негізгі құрал-жабдықтың (кәсіпорындардың, жабдықтардың) құны.* **Нарықтық экономика.** экон. *Еркін кәсіпкерлік, өндіріс құрал-жабдығына меншік нысандарының көптігі, нарықтық баға белгілеу, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы шарттық қатынастар, мемлекеттің шаруашылық қызметке шектеулі түрде араласуы қағидаттарына негізделген экономика.*

**НАРЫМДА=** ет. жерг. *Нормалау, нормамен беру.*

**НАРЫН**[1] зат. тамақ. *Піскен ет пен қамыр ұсақталып туралып, мейлінше араласқаннан кейін үстіне сорпа құйылып дайындалатын тағам.*

**НАРЫН**[2] сын. *Ұзын, жіңішке.*

**НАРЯД** ор. зат. **1.** *Белгілі бір жұмысты орындауға, өнімді (материалдарды, дайын бұйымдарды, т.б.) жөнелтуге берілетін құжат, өкімхат.* **2.** *Орындалуға тиіс ауызша берілетін айып, жарлық.*

**Наряд жапты.** *Кесімді мерзімнің жұмысын қорытындылады, еңбекақысын есептеді.*

**НАС**[1] [ир. ناس] сын. *Тазалығы жоқ, былапыт, лас. // Надан, санасы төмен, пасық.*

**Нас басқанды бит басқан.** *Салақ, былғаныш, өзін-өзі күтіп жүрмейтін адам туралы айтылады.* **Нас басты.** *Жаза басты, ыңғайсыз жағдайға тап болды.*

**НАС**[2] зат. жерг. *Насыбай.*

**НАСАЙ-ТОПЫР** сын. *Берекесіз, бассыз, бейберекет, апыр-топыр.*

**НАСАҚ** зат. жерг. *Ұят, ар.*

**НАСАП** зат. ескікіт. ***Нәсіп.***

**НАСАР** зат. *Жібек кездеме.*

**НАСАТ** сын. жерг. *Ірі, үлкен.*

**НАСАТТАН=** ет. *Көңілі тасу, қуану, шаттану.*

**НАСАТТАНУ** *Насаттан етістігінің қимыл атауы.*

**НАСАТТЫ** сын. *Қуанышты, көңілі көтеріңкі.*

**НАСЕКОМ** зат. зоол. <лат. insecta> ***Жәндік.***

**НАСИХАТ** [ар. نصيحت] зат. **1.** *Ақыл-кеңес берудегі өсиет.* **2.** *Уағыз айтушылық.* **3.** *Ақыл-кеңес.* **4.** *Көрген-білгені, ақыл, түйін сөз.* **5.** саяси. <лат. propoganda>*Белгілі бір идея мен ілім қағидаларын кеңінен тарату, түсіндіру формасы.* **6.** *Насихаттап айтушылық, жарнама.*

**Насихат айтты.** *Үгіттеді, ақыл айтты.* **Насихат қылды.** *Үгіттеді, ақыл-кеңес айтты.* **Насихат сөз.** *Ақыл-кеңес, өсиет.* **Насихат шашып кетті.** *Артқыға ақыл сөз қалдырып кетті.*

**НАСИХАТТА=** ет. саяси. *Белгілі бір идея мен ілім қағидаларын кеңінен тарату мақсатымен жан-жақты, терең түсінік жүргізу.*

**НАСИХАТТАЛ=** ет. *Үгіттелу, үлгі-өнеге айтылу.*

**НАСИХАТТАЛУ** *Насихаттал етістігінің қимыл атауы.*

**НАСИХАТТАУ** *Насихатта етістігінің қимыл атауы; тарату, үлгі етіп көрсету.*

**НАСИХАТТЫҚ** сын. *Белгілі бір идеяны тарататын, үгіттейтін.*

**НАСИХАТШЫ** зат. *Белгілі бір идеяны уағыздаушы, үгіттеуші.*

**НАСИХАТШЫЛЫҚ** зат. *Белгілі бір идеяны уағыздаушылық.*

**НАСКӘДІ** зат. жерг. *Насыбай шақша жасайтын қауақ.*

**НАСҚАБАҚ** зат. сөйл. өс. ***Асқабақ.***

**НАСЛИХАТ** зат. ескікіт. ***Насихат.***

**НАСОС** зат. ***Сорғы*** *(сұйық зат пен газды сорып тартатын немесе оларды ауа қысымымен үрлеп айдайтын тетік).*

**НАСОСТЫҚ** сын. *Сорғысы бар.*

**Насостық стансалар.** ***Сорғы стансалар*** *(сұйық затты тартатын (айдайтын) орын).*

**НАСРАТ** зат. ескікіт. *Жеңіс.*

**НАСТАУ** сын. *Тазалығы нашарлау, ластау.*

**НАСТЕЛКЕ** зат. жерг. *Ысырма, сырма, шөп ысырғыш құрал.*

**НАСТИЯЛЫҚ: настиялық қозғалыстар.** бот. *Өсімдік мүшелерінің қоршаған орта тұрт-кі-жайттарына жауап ретінде қайтармалы, майыспа қозғалысы.*

**НАСТЫ** зат. жерг. *Әдет-ғұрып, қазақбайшылық.*

**НАСТЫҚ** зат. *Тазалығы жоқтық, ластық.*

**НАСҺ** [ар. نسخ]: **насһ талик үлгісі.** *Араб әріптерімен көркем жазудың бір үлгісі.*

**НАСЫБАЙ** зат. **1.** *Иіскеу не ерінге салып ату үшін, үгітілген темекіге күл, қалампыр қосу арқылы жасалған никотинді улы зат.* **2.** сөйл. қарап. *Кішкентай ер баланың шопатайы.*

**Насыбай атты.** *Насыбайды ерінге салып, сөлін сорды.* **Насыбайға сабыр қыл.** *Болмашы нәрсені көңілге алма, кектенбе, басыл деген мағынада.* **Насыбай уқалады.** *Темекі үгіп, күл қосып насыбай жасады.*

**НАСЫБАЙАТЫМ: насыбайатым мезгілдей.** *Тез, шамалыдан кейін.*

**НАСЫБАЙГҮЛ** зат. өс. <лат. ocimum> *Еріндігүлдер тұқымдасына жататын біржылдық хош иісті шөптесін өсімдіктер.*

**НАСЫБАЙКЕЛІ** зат. *Ағаштан жасалған насыбай уқалайтын кішірек шұңғыл ыдыс.*

**НАСЫБАЙҚАБАҚ** зат. жерг. *Насыбай салуға арналған қабақтан жасалған ыдыс.*

**НАСЫБАЙ-НАПАҚ** зат. *Насыбай, шылым сияқты зиянды әдет.*

**НАСЫБАЙТОСТАҒАН** зат. жерг. *Насыбай үгетін ағаш ыдыс.*

**НАСЫБАЙШЕЛЕК** зат. *Темекі үгіп, насыбай жасайтын арнаулы ыдыс; насыбайкелі.*

**НАСЫБАЙШИША** зат. жерг. *Насыбай салатын шыны.*

**НАСЫБАЙШЫ** зат. *Насыбай ататын, насыбайға машықтанған, әуес кісі.*

**НАСЫБАЙШЫЛ** сын. *Насыбай атқыш, насыбайқұмар.*

**НАСЫП** зат. ескікіт. ***Нәсіп.***

**НАСЫР**[1]**: насырға шапты.** *Істің ақыры қиындап, лаңға айналды, шиеленісті.*

**НАСЫР**[2] [ар. نثر] зат. әдеб. *Қара сөзбен жазылған шығарма.*

**НАСЫР**[3] зат. көне. ***Нәсір.***

**НАТИВИЗМ** зат. қоғ.-саяси. *Ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін немесе тарихи-мәдени мұрасын батыл жақтайтын идеологиялық ағым және қозғалыс.*

**НАТРИЙ** [грек. nitron] зат. хим. *Жұмсақ, жеңіл, ақ түсті, элементтердің периодтық жүйесінің тобындағы химиялық элемент.*

**Натрий хлораты.** хим. *Дефолиант, т.б. ретінде қолданылатын тотықтырғыш.*

**НАТУРАЛ: натурал қатар.** мат. *Өсу ретімен орналасқан барлық натурал сандар жиыны.* **Натурал сандар.** мат. *Өсу ретімен орналасқан барлық бүтін, нақтылы оң сандар.*

**НАТУРАЛДЫ: натуралды шаруашылық.** экон. *Еңбек өнімдерін айырбас үшін емес, тек қана өз қажетін қанағаттандыру үшін өндіретін томаға-тұйық шаруашылық.*

**НАТУРАЛИЗАЦИЯ** [лат. naturalis] зат. дипл. *Шетелдіктің қандай да бір елдің азаматтығын алуы, жаңа енген қоғамның тілдік ортасына, өмір салтына, мәдениетіне кірігу үрдісі.*

**НАТУРАЛИЗМ** [франц. naturalisme] зат. филос. **1.** *Табиғатты барлық нәрсенің түп негізі, тану мен түсіндірудің әмбебап принципі ретінде қарастыратын философиялық бағыт.* **2.** *Өнер мен әдебиеттегі реализмге қарама-қарсы позитивтік бағыт.*

**НАТУРАЛИСТ** [лат. naturalis] зат. *Табиғатты, өсімдік, ағаштар, аң-құстарды зерттеуші.*

**НАТУРАЛИСТІК** сын. *Натурализм бағытындағы.*

**НАТУРФИЛОСОФИЯ** [Нем. Naturphilosophie] зат. филос. *Ежелгі дәуірден XIX ғ. дейін дамыған, жаратылыстану білімдеріне негізделмеген табиғат туралы пәлсапалық білім.*

**НАТУРФИЛОСОФИЯЛЫҚ** сын. филос. *Натурфилософияға қатысты.*

**Натурфилософиялық мектеп.** *Натурфилсофиялық бағыт ұстанатын ғылыми ағым.*

**НАТЫҚ** сын. жерг. *Нәсілі жаман.*

**НАТЮРМОРТ** [франц. nature morte] зат. өнер. *Қоршаған ортадағы түрлі тұрмыстық заттар мен жеміс-жидектерді, өсімдіктер мен тағамдарды бір құрылымға топтастырылып бейнелеу өнері.*

**НАУ**[1] [ир. نو] зат. сөйл. ***Ну.***

**Нау тартты.** *Қоюланып қалыңдады, мәуеленді.*

**НАУ**[2] сын. көне. *Даукес, жалақор.*

**НАУ**[3] [ир. نوع] сын. жерг. *Ірі.*

**НАУА**[1] [ир. ناو] зат. **1.** *Малдың су ішіп, тұз, жем жеуіне арналған, ағаштан, темір, бетоннан жасалған ұзын астау.* **2.** *Балқыған металл, көмір, астық т.б. сол сияқты заттар ағып тұратын арнайы жасалған нәрсе.* **3.** сушар. *Мелиорациялық практикада қолданылатын кіші науалар, кейде жер құрғату жүйесінің бас сағасы, ағаштан, қаңылтырдан, тастан, темір бетоннан жасалатын қысымсыз, беті ашық, су жүргізгіш.*

**Науа арба.** жерг. *Жәшікті арба.* **Науада тазарту.** кен. *Пештен құйылған сұйық металды науада тазалау.* **Науа жол.** *Ор болып қазылып кеткен терең жол.* **Науа тартқызды.** *Құдықтан су тарттырды.*

**НАУА**[2] зат. жерг. *Мылтықтың қорабы (оқ салатын жері).*

**НАУАДА** үст. **1.** жерг. *Сирек, анда-санда.* **2.** ескікіт. *Егер де, алда-жалда.*

**НАУАДАЙ** сын. *Науа сияқты, науа тәрізді.*

**Науадай ағызды [құйды].** *Шаш етектен батырды.*

**НАУАЗА: науаза қылды**. жерг. *Сатып алды.*

**НАУАЛА=** ет. *Науа-науа қылып толтыру. // Аста-төк қылып.*

**НАУАЛАУ** *Науала етістігінің қимыл атауы.*

**НАУАЛЫ** сын. *Науасы бар.*

**Науалы жуғыш.** кен. *Шашылымды балшықты кендерді байыту алдында суда езіп, ажыратып, ұнтақты лайға айналдырып шығаратын жабдық.*

**НАУАН**[1] [ир. نوان] зат. жерг. *Биік, үлкен; ноян.*

**НАУАН**[2] сын. жерг. *Бекер, бос.*

**НАУАНДА=** ет. *Биіктеу, үлкею.*

**НАУАНДАУ** *Науанда етістігінің қимыл атауы.*

**НАУАП** [ар. نواب] зат. *Көне түркі қоғамдағы ауқатты, үстем әлеуметтік топ өкілі.*

**НАУАТ** ар. зат. *Балқыта қайнатып қатырған мұз түсті мөлдір қант.*

**Науат болды.** а) *Сынды, қиралды.* ә) *Еңбегі зая кетті, еш болды.* **Науат қар.** *Таза, мөлдір қар.* **Науат қауын.** жерг. *Қауынның бір түрі.*

**НАУАША**[1] зат. *Кішірек науа, науашық.*

**НАУАША**[2] үст. *Науадан төгілген сияқтанып, ағыл-тегіл.*

**Науаша құйылды.** *Ағыл-тегіл ақты, жеткілікті болды.*

**НАУАШЫ** зат. *Су тартушы.*

**НАУАШЫҚ** зат. **1.** *Шағын науа, науа сияқты кішкене ыдыс.* **2.** сушар. *Ұңғымаларды бұрғылау және пайдалану кезінде сұйықтықты, құмды және бұрғылау балшығын бетке көтеріп шығаруға арналған құрал.* **3.** сушар. *Судың не гидроқоспаның салмақ күші әсерімен қозғалып ағып жылжуына арналған қимасы тұйықталмаған құрылғы.*

**НАУБАЙ** [ир. نانوایی] зат. *Нан пісіретін пеш.*

**НАУБАЙХАНА** зат. *Нан пісіретін орын.*

**НАУБАЙШЫ** зат. *Нан пісіруді кәсіп еткен кісі.*

**НАУБАЙШЫЛЫҚ: наубайшылық өндіріс.** *Ұннан нан өнімдерін дайындайтын технологиялық процесс.*

**НАУБАТ** зат. сөйл. ***Нәубет.***

**НАУҒЫ** зат. көне. *Арғы тегі, тұқымы.*

**НАУДА** зат. жерг. *Ағаштың көк өрім бұтағы.*

**НАУЗА: науза қылды.** ескі кіт. *Сауда жасады.*

**НАУҚАН** зат. қоғ.-саяси. *Қоғамдық-саяси маңызы зор қауырт істелетін мерзімді іс.* **2.** *Қауырт істелетін мерзімді іс.* **3.** әск. <франц. campagne> *Құрлық және мұхит соғыстарындағы ортақ ниетпен біріккен және маңызды әскери-саяси мақсаттарға жетуге бағытталған бірнеше стратегиялық операциялар мен басқа да әскери қимылдар.*

**Науқан қайырлы болсын.** тілек. *Науқанды іс табыспен аяқталсын.*

**НАУҚАНГЕРШІЛІК** зат. *Науқан бастылық, қарбаластық.*

**НАУҚАНДЫ** сын. *Қарқынды, қауырт.*

**НАУҚАНДЫҚ** сын. *Науқанға тән, қат-қабат.*

**НАУҚАНДЫЛЫҚ** сын. сөйл. ***Науқандық.***

**НАУҚАНШЫ** зат. *Мерзімді науқан кезінде жұмыс істеуші.*

**НАУҚАНШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Науқангершілік.***

**НАУҚАНШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Науқаншылдық.***

**НАУҚАС** [ир. ناخوش] зат. **1.** *Денсаулықтың бұзылуынан дертке айналған сырқат, ауру.* **2.** *Ауру адам.*

**Науқас адам [кісі].** а) *Денсаулығы нашар, әлсіз адам.* ә) *Ауырып, ұзақ жатқан, дімкәс адам.* **Науқас болды**. *Ауырды, дімкәстанды.* **Науқастың беті қайтты.** *Жазыла бастады, сауықты.*

**НАУҚАСТАЙ** сын. *Науқас, ауру адам сияқты.*

**НАУҚАСТАН=** ет. *Денсаулығы бұзылып сырқаттану, ауыру.*

**Науқастанып қалды**. *Ауырып қалды, дімкәстанды.*

**НАУҚАСТАНУ** *Науқастан етістігінің қимыл атауы.*

**НАУҚАСТАУ** сын. *Денсаулығы нашарлау, аурулау, сырқаттау.*

**НАУҚАСТЫ** сын. *Денсаулығы дімкәс, ауруы бар, сырқатты.*

**НАУҚАСТЫҚ** зат. *Денсаулығы жоқтық, сырқаттық.*

**НАУҚАСХАНА** зат. көне. ***Аурухана.***

**НАУҚАСШАҢ** сын. *Ауыра бергіш, аурушаң.*

**НАУ-ҚҰС** сын. *Пәк, таза, адал.*

**НАУҚЫ** сын. ескікіт. *Кейіп, күй.*

**НАУПЛИУС** зат. *Бір ғана көзі бар, үш жұп аяғының екеуі тармақталған шаянтәрізділердің алғашқы дернәсілдік фазасы.*

**НАУРЫЗ** [ир. نوروز] зат. **1.** *Иран күнтізбесі бойынша 22 наурызға сай келетін, Шығыс халықтарының жаңа жылды қарсы алатын ұлы мейрамы.* **2.** *Күнтізбелік жылдың 3-айы (31 тәулік), көктемнің 1-айы.*

**Наурыз батасы.** этн. *Жыл басын, ұлыс мерекесін тойлауда рәсімді түрде елжұртқа, үлкен-кішіге берілетін тілек, байырғы баталардың бірі.* **Наурыз болу.** жерг. этн. *Түрікменстан қазақтарының ұлыстың ұлы күнінде бір-бірінің үйіне кіріп, аман-саулығын сұрап, қос қолдап амандасу, көрісу салты.* **Наурыздағы шабынған [бұрқылдаған] бура тәрізді**. *Ашуға мінген деген мағынада.* **Наурызды тойлады**. этн. *Наурыз мейрамын наурызкөже дайындау т.с.с. рәсімдерін жасай отырып атап өтті, мерекеледі, қарсы алды.* **Наурыз күн қайыруы.** этн. көне. *Жыл басын көктемгі күн мен түннің теңелуінен бастайтын ертедегі қазақтардың жыл қайыруы.* **Наурыз мейрамы**. *Шығыс халықтарының жаңа жыл басы ретінде 22 наурызда тойлайтын мерекесі.* **Наурыз мерекесі**. ***Наурыз мейрамы.*** **Наурыз тойы.** этн. *Бүкіл ел болып тойланатын қазақ халқының жаңа жыл мерекесін атау салтанаты, ұлыстың ұлы күні – жыл басы наурызға арналған думанды жиын.*

**НАУРЫЗГҮЛ** зат. өс. сөйл. *Тау беткейлерінде, орман алаңқайларында, бұталар арасында ерте көктемде өсетін, биіктігі 15-20 см-дей, сабағы қысқа, жапырағы тамырына жақын орналасқан гүлі қолшатырға ұқсас, хош иісті, күлгін немесе ашық сары түсті көпжылдық гүл.*

**НАУРЫЗДАМА** зат. **1.** жерг. ***Науырыз көже.*** **2.** көне. ***Наурызтой***.

**НАУРЫЗЕК**[1] зат. зоол. *Наурыз айында келетін аяғы жіңішке, сары бауыр, көк ала торғай; шымшық.*

**НАУРЫЗЕК**[2] зат. өс. *Ақшыл-сарғыш гүлдері бар, ерте көктемде гүлдейтін шөптесін өсімдік.*

**НАУРЫЗКӨЖЕ** зат. этн. *Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар қосылып әзірленетін көже.*

**Наурызкөжедегі үш ырыс.** этн. *Наурыз көже дайындалатын сүт, уыз бен еттің халықтық мәні.*

**НАУРЫЗНАМА** зат. ***Наурызкөже.***

**НАУРЫЗТОЙ** зат. этн. *Наурыз мейрамы құрметіне жасалатын жалпыхалықтық ас-думан, ойын-сауық.*

**НАУРЫЗТОРҒАЙ** зат. зоол. ***Наурызек***[1]***.***

**НАУРЫЗШЕШЕК** зат. өс. сөйл. ***Наурызгүл.***

**НАУТИЛУС** [ағыл. nautilus] зат. зоол. *Басаяқты ұлулар (моллюскілер) класының төртжелбезектілер класс тармағының қазіргі уақытқа дейін сақталған туысы.*

**НАУША**[1] зат. өс. сөйл. *Тау баурайларында өсетін өсімдіктердің бір түрі.*

**НАУША**[2] [ир. نوچه] сын. **1.** *Буыны қатпаған, өрімдей.* **2.** экспр. *Боқмұрын.*

**НАУШАЛЫҚ** сын. *Жіңішкелік, ұзындық, сымбаттылық.*

**НАУШАРУАНДАЙ: Наушаруандай әділ.** *Ешкімге қиянаты жоқ, қара қылды қақ бөлген әділ, ара қалыс төреші [Наушаруан – Иранның VI ғасырда жасаған билеушісі Хосрав Анушырванның кейінгі дәуір әдебиетіндегі – араб, парсы, шағатай әдеби шығармаларында Атымтай жомарт сияқы дәрежеде – аңызға айналған, әділдік өлшемі ретінде бейнеленетін дара тұлға. Атақты «Қабус-намеде» (XI г. жазылған Наушаруанның (Нуширван әділдің) сөзі деп 55 өсиет сөз берілген («Өзіңді әділ деп танысын десең, қолыңнан келгенше қарауыңдағы жұртыңның тұрмысын жақсартуға тырыс», «Достарыңмен жаулықта болғанды неге дос тұтасың?», «Шындық жанға ащы тисе де, оны тыңдамақ керек», «Өзіңді қызметіңе лайық бағаласын десең, өзге жұртты сен де бағала», «Сен туралы жұрт жақсы сөз айтсын десең, жұрт туралы өзің де жақсы сөз айт» т.б. Нуширван әділ осы өсиет сөздерімен қазақ әдебиетіне келген].*

**НАУШАТЫР** зат. жерг. ***Мүсәтір.***

**НАУ-ШОТ** зат. қаржы. *Жинақ ақша мен ағымдағы шоттар арасындағы аралық жағдайда болатын банк шотының бір түрі.*

**НАУЫҚ** зат. көне. *Кейіп, күй.*

**НАУЫТ**: **науыт болды.** а) *Еңбегі зая кетті.* ә) *Қыршын кетті.*

**НАФИҒЫЛЫҚ** зат. ескі кіт. *Игілік, пайда тигізушілік.*

**НАФТАЛИН** [грек. naphtha] зат. *Смолалы тас көмірді құрғақ айдаудан алынатын шаруашылық мәні бар, иісі нашар, кристалды ақ түсті зат.*

**НАФТАЛИНДЕ=** ет. *Қара күйе түсіп, киім-кешекті, тері-терсекті бүлдірмеу үшін, оларға нафталин салу, себу.*

**НАФТАЛИНДЕЛ=** ет. *Нафталин салыну.*

**НАФТАЛИНДЕЛУ** *Нафталиндел етістігінің қимыл атауы.*

**НАФТАЛИНДЕУ** *Нафталинде етістігінің қимыл атауы.*

**НАФТЕНАТТАР** зат. хим. *Нафтен қышқылдарының тұздары мен эфирлері.*

**НАФТЕНДЕР** [грек. naphtha] зат. хим. *Мұнай құрамында болатын қаныққан алициклді көмірсутектер, қасиеттері жағынан парафинді көмірсутектерге ұқсас нафтенді көмірсутектер.*

**НАФТОЛДАР** [грек. naphtha ] зат. хим. *Боягыштар, антиоксиданттар, хош иісті заттар және т.б. өндіргенде қолданылатын нафталиннің гидроксилді туындылары.*

**НАХАҚ** сын. ескікіт. ***Нақақ.***

**НАХАҚТЫҚ** зат. ескікіт. ***Нақақтық.***

**НАХАР** [ир. ناهار] зат. жерг. *Тамақ, ас.*

**НАХАРХАНА** [ир. ناهارخانه] зат. жерг. ***Ас- хана.***

**НАҺАН**[1] зат. ескікіт. **1.** *Алып денелі, жойқын күштің иесі, дәу.* **2.** *Аса зор, асқан берік қамал, тағы сол сияқты құрылыс.*

**НАҺАН**[2] [ир. نهنگ] зат. көне. *Балықтың үлкен, ірі түрі, кит.*

**НАҺАНДАЙ** сын. *Наһан сияқты, наһан тәрізді, ірі, алып балықтай.*

**НАҺАР** [ир. ناهار] зат. ескікіт. *Ас, тамақ.*

**Наһар қылды.** ескікіт. *Әлденді, тамақтанып алды.*

**НАЦИЗМ** [лат. natio] зат. сөйл. *Әсіресе ұлтшылдық.*

**НАЦИСТ** зат. сөйл. *Әсіресе ұлтшыл адам.*

**НАЦИОНАЛИЗАЦИЯ** [франц. nationalisation] зат. тар. совет. *Өндіріс құралдары мен жабдықтарын, жерді, байланыс құралдарын, жеке адамдардың және жекеменшіктік бірлестіктердің меншігін мемлекет меншігіне көшіру шаралары.*

**НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛА=** ет. тар. совет. *Жекеменшікті мемлекет меншігіне айналдыру.*

**НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАН=** ет. тар. совет. *Жекеменшіктің мемлекет меншігіне айналдырылуы.*

**НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ** *Национализацияла етістігінің қимыл атауы.*

**НАША** [ир. نشا] зат. **1.** өс. *Кенепшөп тұқымдасына жататын біржылдық жабайы, шөптесін өсімдік және осы өсімдіктің белгілі бір түрінің жапырағын келтіру арқылы дайындалатын, шылым ғып тартқан кезде басты айналдырып, елітетін улы зат, есірткі.* **2.** ауыс. *Рақат, ләззат.*

**Наша тартқан адамдай.** *Басы айналып, елітіп.* **Наша тартты [шекті].** *Наша өсімдігінің кепкен жапырағын қағазға орап, шылым қылып есірткі шекті.* **Наша обасы.** газети ***Нашақорлық.***

**НАШАГҮЛ** [ир. نشاگل] зат. өс. *Сары түсті гүлі бар өсімдік.*

**НАШАҚ**[1] зат. **1.** жерг. ескікіт. ***Мазақ.***

**НАШАҚОР** [ир. نشاخور] зат. **1.** *Нашақұмар, наша тартқыш кісі.* **2.** *Есірткі пайдаланушы, соның соңына түскен, соған дағдыланған адам.*

**НАШАҚОРЛЫҚ** зат. <грек. narke – мелшию, mania – ессіздік, құтырыну> *Есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың салдарынан пайда болатын есірткіге құмарлық, қоғамдық-әлеуметтік індет.*

**НАШАР**[1] [ир. ناچار] сын. **1.** *Денсаулығы жоқ.* **2.** *Өз ісін білмейтін, кәсіби шеберлігі төмен.* **3.** *Жағдайы жоқ, тұрмысы төмен.* **4.** *Күшті емес, әлжуаз.* **5.** *Жұпыны, ескі.* **6.** *Жаман, тегі жоқ.* **7.** *Түсінігі жоқ, таяз.* **8.** *Мінезі жаман, шайпау, шырт етпе, дөрекі т.б.* **9.** *Қанағаттанарлықтай емес, сапасы төмен, жеткіліксіз.* **10.** ауыс. жерг. *Қыз бала, әйел. // Сіңірі шыққан, кедей, жалшы-жақыбай.*

**Нашар мінез.** *Жағымсыз, дөкір мінез.*

**НАШАР**[2] зат. жерг. *Әйел.*

**Нашар туған.** *Нашар, әйел жынысты.*

**НАШАРЛА=** ет. **1.** *Бастапқы қалыптан төмендеу, бәсеңдеу, кему.* **2.** *Тұрмысы төмендеу, күйі кету.* **3.** *Күш-қуаты кему, әлсіреу, жұмыс істеу қабілеті төмендеу.* **4.** *Денсаулығы құру.*

**НАШАРЛАН=** ет. **1.** *Әлсіреу, талмаусырау, талықсу.* **2.** *Тұрмысы төмендеу, күйі кету.* **3.** *Уайым-қайғыға бату, еңсесі түсу.*

**НАШАРЛАНУ** *Нашарлан етістігінің қимыл атауы; жұмыс, қызметі бұзылу.*

**НАШАРЛАТ=** ет. *Әлсірету, босаңсыту, сапасын төмендету, құлдырату.*

**НАШАРЛАТУ** *Нашарлат етістігінің қимыл атауы.*

**НАШАРЛАУ**[1] сын. **1.** *Сапасы төменірек, жаманырақ.* **2.** *Кедейлеу, ауқаты төмендеу.*

**НАШАРЛАУ**[2] *Нашарла етістігінің қимыл атауы.*

**НАШАРЛЫҚ** зат. **1.** *Сапасы төмендік, жартымсыздық, жамандық, әлсіздік.* **2.** *Кедейлік, тұрмысы төмендік.* **3.** *Денсаулығы жоқтық.*

**НАШАРСУ** *Нашарсы етістігінің қимыл атауы.*

**НАШАРСЫ=** ет. *Нашар көріну, нашар болғансу.*

**НАШАРСЫН=** ет. *Біреуді нашар деп білу, кедейсіну.*

**НАШАРСЫНУ** *Нашарсын етістігінің қимыл атауы.*

**НАШАТЫР** [ир. نشادر] зат. *Хлорлы спирт.*

**НАШАШЫ** зат. сөйл. *Наша тартатын адам, нашақор.*

**НАШТА=** ет. *Нақышына келтіру.*

**НАШТЫ** сын. көне. ***Нақышты.***

**НАШЫ** зат. жерг. *Реті, жөні.*

**Нашымен айтты.** *Бабымен, ырғағын келтіріп айтты.*

**НАЯТЫ** үст. жерг. *Барлығы, бар болғаны.*

**НӘБАТАТ** [ар. نباتات] зат. өс. **1.** *Жер бетіне шығатын өсімдік, жеміс-жидек, гүл-бәйшешек.* **2.** бот. <лат. flora> *Белгілі бір өңірде не өсімдіктер бірлестігінің құрамында өсіп, дамып, өзара эволюциялық-тарихи қалыптасқан өсімдік түрлерінің (таксондарының) жиынағы.* **3.** *Нақтылы бір өңірде, суда өсетін өсімдік түрлерінің тізімі.*

**НӘБИ** [ар. نبی] зат. діни. **1.** *Алланың бұйрығын адамдарға жеткізуші елші, өздерін кітап пен шариғат берілмей, бір расулға (Алланың елшісіне) берілген кітап пен шариғатқа амал қылуға бұйырылған пайғамбар.* **2.** ауыс. *Шарапатты кісі.*

**НӘДҮРІС** [ир. نادورست] сын. жерг. *Есалаң, жынды, нақұрыс.*

**НӘЖЕТҚАНА** зат. жерг. ***Дәретхана.***

**НӘЖІК** [ир. نازك] сын. жерг. ***Нәзік.***

**НӘЖІС** [ар. نجس] зат. **1.** *Жан-жануардың жеген тамағының қорытылмай қалған қалдығы, боқ.* **2.** ауыс. *Былапыт, былғаныш, жаман.* **3.** ауыс. *Дүние, байлық.*

**НӘЗИРА** [ир. نظیرة] зат. әдеб. *Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс.*

**НӘЗИРАЛЫҚ** сын. әдеб. *Нәзира дәстүрінде жазылған.*

**НӘЗІГІМ** зат. экспр. *Сүйікті қызға қарата айтылатын еркелету мәніндегі атауыш.*

**НӘЗІК** сын. **1.** *Үзіліп түскелі тұрғандай, жіп-жіңішке, сүйкімді.* **2.** ауыс. *Берік емес, әлсіз, осал.* **3.** ауыс. *Арық, жүдеу.* **4.** ауыс. *Көзге көрінбейтін ұсақ-түйек зат.* **5.** ауыс. *Кәсіби шеберлікті, ептілікті қажет ететін.* **6.** *Биязы, ұяң.* **7.** жерг. *Нашар.* **8.** ауыс. *Әсем, сұлу (табиғат туралы).* **9.** ауыс. *Сезімтал, жаны жұмсақ.*

**Нәзік бел.** поэт. *Әйелдің жіңішке, талдырмаш белі, қыпша бел.* **Нәзік белдік.** *Шырапталы күміс белдік.* **Нәзік жағдай.** *Алмағайып, аумалы-төкпелі кез.* **Нәзік сезімді.** бейн. *Үлбіреген, ұлпілдеген.*

**НӘЗІКТЕ=** ет. *Нәзік тарту, нашарлау.*

**НӘЗІКТЕЛ=** ет. **1.** *Нәзік күйге келу, биязылану, жіңішкеру.* **2.** *Нашарлау, төмендеу.*

**НӘЗІКТЕЛУ** *Нәзіктел етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЗІКТЕН=** ет. **1.** *Нәзік күйге келу, жіңішкеру, биязылану.* **2.** ауыс. *Нашарлау, төмен түсу.*

**НӘЗІКТЕНДІР=** ет. *Нәзік күйге келтіру, нашарлату, босаңсыту.*

**НӘЗІКТЕНДІРУ** *Нәзіктендір етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЗІКТЕНУ** *Нәзіктен етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЗІКТЕУ** сын. *Талдырмаштау, жұқалау, нәзігірек.*

**НӘЗІКТІК** сын. **1.** *Сұлулық, көркемдік, әдемілік.* **2.** *Талдырмаштық, жіңішкелік, сүйкімділік.* **3.** ауыс. *Биязылық, асқан шеберлік, ұқыптылық.* **4.** ауыс. *Ізеттілік, әдептілік.* **5.** *Әлсіздік, төзімсіздік, осалдық.*

**НӘЗІКТІЛІК** зат. *Адамға тән сыпайыгерлік, биязылық.*

**НӘЗІР** [ар. نذير] зат. діни. **1.** *Діни салтпен берілетін қайыр, садақа.* **2.** *Шариғат ұғымында белгілі бір істің орайы келіп орындалса немесе тілеген тілеуі қабыл болса, атқарамын деп ниет еткесін, Құдай разылығы үшін ерікті атқарылатын құлшылық.*

**Нәзір беру.** *Өлген кісіге ас беру.* **Нәзір болды.** *Жолында құрбан болды, жанын пида етті.*

**НӘЙЕТІ** үст. жерг. **1.** *Ең ақыры, тіпті, тым болмаса.* **2.** *Ең құрығандағы, ең төменгі.*

**НӘК** зат. **1.** *Алмұрт жемісінің ірі, өте сапалы түрі.* **2.** *Өсімдіктен бөлініп шығатын тәтті шырын; нектар.*

**НӘКЕС** [ир. ناكس] зат. жерг. *Жексұрын, опасыз, найсап.*

**НӘКҮС: нәкүс [құтамсыз] бие.** *Шыққан тегі нашар, беретін өнімі аз, қанша қамшыласаң да аяғын бір баспайтын, қара етті, шабан бие.*

**НӘКІМШІЛ** сын. *Жәдігөй, мүсәпір, момақан.*

**НӘҚАНСЫ =** ет. *Кеуде көтеру, мықты санау.*

**НӘҚОЛАЙ** сын. көне. *Жөнсіз, теріс, қолайсыз.*

**НӘЛ**[1] зат. *Аяқкиімнің өкшесі мен табан тұмсығына қағылатын темір тақа.*

**НӘЛ**[2] зат. сөйл. ***Ніл.***

**НӘЛ**[3] зат. жерг. *Тамырымен алынып, жерге қайта отырғызылатын жеміс ағаштарының жас түрі.*

**НӘЛБЕК** зат. жерг. *Тәрелке.*

**НӘЛДЕ=** ет. *Аяқкиімге нәл қағу.*

**НӘЛДЕТ=** ет. *Аяқкиімге нәл қаққызу.*

**НӘЛДЕТУ** *Нәлдет етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЛДЕУ** *Нәлде етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЛДІ** сын. *Нәл қағылған, нәлі бар етік, аяқкиім.*

**НӘЛЕТ** зат. сөйл. ***Лағынет.***

**Нәлет айтты.** *Қарғады, балағаттады.*

**НӘЛЕТТЕ=** ет. *Қарғап-сілеу, лағынеттеу.*

**НӘЛЕТТЕУ** *Нәлетте етістігінің қимыл атауы.*

**НӘЛІМ** зат. зоол. <лат. lota lota> ***Нәлім балық.***

**Нәлім балық.** зоол. *Треска тәрізділер отрядына жататын балық.*

**НӘМ** зат. сөйл. ***Нам.***

**НӘМАҚҰЛ** сын. көне. *Дұрыс емес, мақұлдауға болмайтын, қате.*

**НӘМӘЛІМ** [ир.ар. نامعلوم] сын. *Беймәлім, күдікті, сенімсіз.*

**НӘМӘРТ** [ир. نامرد] сын. *Айтқан сөзінде тұрмайтын, опасыз; сараң.*

**НӘМӘРТТІК** зат. *Айтқан сөзінде тұрмаушылық, опа жасамаушылық.*

**НӘМЕНГЕР** зат. сөйл. ***Әменгер.***

**НӘН** сын. **1.** *Үлкен, дәу, қомақты.* **2.** ауыс. *Мықты, күшті.*

**НӘНБАЙ** сын. жерг. *Тым үлкен, дәу.*

**НӘНДІК** зат. жерг. **1.** *Үлкендік, дәулік.* **2.** ауыс. *Күштілік, мықтылық.*

**НӘНСУ** *Нәнсі етістігінің қимыл атауы.*

**НӘНСІ=** ет. *Мықты көріну, ірісіну, күштісіну.*

**НӘНСІН=** ет. *Мықтысыну, ірімсіну.*

**НӘНСІНУ** *Нәнсін етістігінің қимыл атауы.*

**НӘПАҚА** [ар. نفقة] зат. *Табыс, рызық.*

**Нәпақа тапты.** *Күнін көрді, күнделікті тіршілігіне қажетті ризықын тауып жеді.*

**НӘПСІ** [ар. نفس] зат. **1.** діни. филос. *Барша тірі табиғатқа ортақ қасиет, тіршілік негізі болып табылатын рухқа қарсы қойылатын табиғи қажеттіліктер.* **2.** *Құлқын, тойымсыздық, құмарлық.*

**Нәпсіге азды**. *Құлқынның құлы болды, жолдан тайды.* **Нәпсіге бойын билетті**. *Құлқынын тия алмады, пендешілік жасады.* **Нәпсіге ерді**. *Пендегершілік жасады, жолдан тайды, нәпсінің ырқымен кетті.* **Нәпсіге ерік бермеді**. *Құлқынның құлы болмады, пендешілік жасамады.* **Нәпсінің құлы**. *Құлқынның құлы, тойымсыз, қанағатсыз.* **Нәпсісін жеңді.** *Құлқынын тыйды, пайдакүнемдікке салынбады.* **Нәпсісін тыйды**. *Қанағат етті, ашқарақтыққа салынбады.*

**НӘПСІБАТ** зат. *Нәпсі, пендегершілік.*

**НӘПСІҚОР** сын. *Көрсеқызар, нәпсіге қызыққыш.*

**НӘПСІҚОРЛЫҚ** зат. *Көрсеқызарлық, құлқынқұмарлық.*

**НӘПСІҚҰМАР** сын. *Жеңілмінезді, желікшіл.*

**НӘПСІҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Жеңілмінезділік, желігушілік.*

**НӘПІЛ** зат. діни. *Парыз етілген ғибадаттан, міндеттен тыс, қосымша.*

**НӘПІЛШІЛ** сын. *Артық, қосымша намаз оқығыш.*

**НӘПІС: нәпіс алды.** *Демалды, тынықты.*

**НӘР** зат. **1.** *Өлместей ас боларлық талшық, жұмырға жұқ болатын қорек.* **2.** *Өсімдік шырыны, сөлі.* **3.** ауыс. *Күш-қуат, үлгі-өнеге, игілікті іс.*

**Нәр ақтарды**. *Күш-қуат берді.* **Нәр алды**. а) *Қоректенді.* ә) *Рухани азық, күш-қуат жинады.* **Нәр берді**. *Нәрлендірді, жетілдірді.* **Нәр сызған жоқ [татпады].** *Түк ішіп-жемеді.* **Нәрі бұзылмаған**. *Сапасы, негізі, үлгі-дәстүрі сақталған.* **Нәрі жоқ**. *Ағзаға пайдасыз, күш-қуат бермейтін, татымсыз.*

**НӘРЕГЕЙ** сын. жерг. *Әлсіз, осал, нашар, әлжуаз.*

**НӘРЕЛЖІҢ** сын. сөйл. ***Нәрегей.***

**НӘРЕНЖУ** сын. жерг. *Әлсіз, нәзік.*

**НӘРЕСТЕ** [ир. نارسیده] зат. *Бір жасқа дейінгі сәби.*

**НӘРЕСТЕДЕЙ** сын. **1.** *Нәресте сияқты.* **2.** ауыс. *Уыздай жас, балғын.* **3.** ауыс. *Пәк, таза, бейкүнә.*

**НӘРЕСТЕЛІ** сын. *Нәрестесі бар, жас балалы.*

**НӘРЕСТЕЛІК** сын. *Бөбектік, сәбилік.*

**НӘРЕСТЕХАНА** [ир. نارسیده خانه] зат. *Нәрестелер үйі, сәбихана.*

**НӘРКЕС**[1]: **нәркес көз**. поэт. *Әдемі, сұлу көз. // Сұлу қыз, ару.*

**НӘРКЕС**[2] [лат. narcissus, ир. نرگس] зат. өс. *Амараллис тұқымдасына жататын баданалы көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**НӘРКЕСТЕН=** ет. *Сұлулану, әдемілену, көркемдену.*

**НӘРКЕСТЕНУ** *Нәркестен етістігінің қимыл атауы.*

**НӘРКЕСТІК** зат. *Әдемілік, сұлулық.*

**НӘРКЕСШЕ** зат. өс. <грек. amaryllis> *Амараллис тұқымдасына жататын гүлі әдемі, сәндік үшін өсірілетін баданалы өсімдік.*

**НӘРКҮМӘН** сын. жерг. *Дүдәмал, әрі-сәрі, екіұшты.*

**НӘРЛЕ=** ет. **1.** *Нәр алу, ауқаттану.* **2.** ауыс. *Ажарлау, мәнерлеу, көріктеу, сәнін келтіру.*

**НӘРЛЕН=** ет. **1.** *Азықтану, қоректену.* **2.** ауыс. *Ажарлану, көріктену, құлпыру.*

**НӘРЛЕНДІР=** ет. **1.** *Қоректік қасиетін арттыру, құнарландыру.* **2.** ауыс. *Күш-қуат беру, ауқаттандыру.*

**НӘРЛЕНДІРУ** *Нәрлендір етістігінің қимыл атауы; қоректену, құнарлану.*

**НӘРЛЕНУ** *Нәрлен етістігінің қимыл атауы; құнарландыру, көркейту, ажарландыру.*

**НӘРЛЕС** сын. *Нәрі бір, негіздес.*

**НӘРЛЕУ** *Нәрле етістігінің қимыл атауы; ажарлау, сәнін келтіру.*

**НӘРЛІ** сын. **1.** *Құнарлы, қуатты, маңызды.* **2.** ауыс. *Мәнді, сапалы, тартымды.*

**НӘРЛІК** зат. сөйл. ***Нәрлілік.***

**НӘРЛІЛІК** зат. **1.** *Азықтық сапасының молдығы, жұғымдылық.* **2.** ауыс. *Әсемділік, көркемділік.*

**НӘРСЕ** зат. **1.** филос. *Қандай да бір затты, әлдебір құбылысты білдіретін ұғым.* **2.** деректі. *Бұйым, зат.* **3.** *Дүние-мүлік.* **4.** дерексіз. *Ұғым, түсінік.* **5.** *Жағдай, себеп, мәселе.*

**Нәрсе жоқ**. *Кездеспейді, ұшырамайды.*

**НӘРСЕ-ҚАРА** зат. жерг. *Оны-пұны мүлік, киім-кешек.*

**НӘРСЕЛІЛІК** зат. филос. *Белгілі бір құбылыстың, іс-әрекеттің, күй-жайдың және т.б. заттармен байланысты болатынын білдіретін ұғым.*

**НӘРСІЗ** сын. **1.** *Қоректсіз, тамақсыз, талшықсыз.* **2.** ауыс. *Қуаты шамалы, жасық, дәмсіз.* **3.** ауыс. *Нашар, құнсыз.* **4.** стиль. *Қисық, қаңғыған, бос.*

**НӘРСІЗДЕН=** ет. *Қоректік затынан айырылу, құнарсыздану.*

**НӘРСІЗДЕНУ** *Нәрсізден етістігінің қимыл атауы.*

**НӘРСІЗДЕУ** сын. *Сапасы нашарлау, құнсыздау.*

**НӘРСІЗДІК** зат. **1.** *Ас боларлық қуатының шамалылығы, құнарсыздық.* **2.** ауыс. *Нашарлық, сапасыздық, құнсыздық.*

**НӘРУЫЗ** зат. биол. *Бір-бірімен пептидтік байланыс арқылы байланысқан амин қышқылдары қалдықтарынан құрылған жоғары молекулалық табиғи қосылыстар класы; белок.*

**НӘРІК=** ет. *Әлсіреу, әлі құру.*

**НӘРШЫРЫН** зат. биол. *Өсімдік сабағын тамырға жақын деңгейінде қиып тастағанда тамырдан бөлініп шығатын тамыр сөлі.*

**НӘСТЕ** зат. сөйл. ***Нәрсе.***

**НӘСІЛ** [ар. نسل] зат. **1.** антр. *Адамдардың шығу тегі ортақ болғанымен, сыртқы ерекшеліктері (терісінің түсі, дене құрылысы, шашы, көзі және т.б.) бар тарихи қалыптасқан топ.* **2.** *Адамның тұқымы, руы, тегі.* **3.** *Ұлт.* **4.** *Ұрпақ.* **5.** ауыс. *Заттың я басқа құбылыстың түпкі шыққан негізі, төркіні.* **6.** ауыс. *Жаратылысы, табиғаты, болмысы.* **7.** ауыс. *Артық туған, озық ойлы (жан).*

**Нәсіл қуды.** *Ұрпақтан ұрпаққа берілді.*

**НӘСІЛДЕС** сын. *Шыққан тегі, негізі бір, тектес.*

**НӘСІЛДІ** сын. **1.** *Шыққан арғы тегі бір, тұқымдас, тектес; туыстас.* **2.** *Нәсілден тұратын, нәсілден құралған.*

**НӘСІЛДІК** сын. *Нәсілге тән, тұқымқуалаушылық.*

**Нәсілдік геноцид.** филос. *Бір нәсілді екінші нәсілден артық көру принципіне құрылған агрессиялық әрекеттер.* **Нәсілдік ерекшелік**. *Әр нәсілге тән сипат, сыртқы пішін айырмашылығы.*

**НӘСІЛДІК-КАСТАЛЫҚ** сын. *Нәсіл мен кастаға тән.*

**НӘСІЛСІЗ** сын. *Ата-тегі нашар, тексіз.*

**Нәсілсіздің баласы**. *Тексіздің ұрпағы.* **Нәсілсіз ит.** кейіс. *Қасиетсіз, тексіз деген мағынадағы ұрсу сөз.*

**НӘСІЛШІЛ** сын. *Адамның ата-тегін, тұқымын бір-бірінен артық не кем деп танитын.*

**НӘСІЛШІЛДІК** зат. *Адамзатты жоғары және төменгі нәсілге бөлетін, ғылымға қайшы, адамға жат тұжырымдардың жиынтығы.*

**Нәсілшілдік саясаты.** саяси. *Кенже қалған немесе тең құқықсыз халықтарды нәсілдік белгілеріне қарай бөлектеп, қысым көрсетіп, құдалауға, қырып-жоюға қарай бағытталған кертартпа саяси әрекеттер кешені.*

**НӘСІП** [ар. نصيب] зат. сөйл. ***Несібе*** *(ризық, ырыс).*

**Нәсіп айдады [тартты].** *Жолы болды, сәті түсті; бұйырған ас тартты.* **Нәсіп болды.** *Бұйырды, тап келді, маңдайына жазылды, бұйрық болды.* **Нәсіп етті [қылды]**. *Бұйырды, тілегі орындалды.*

**НӘСІР**[1] зат. көне. *Жәрдем беруші, жарылқаушы.*

**НӘСІР**[2] зат. көне. *Кәпір, жау.*

**НӘТИЖЕ** [ар. نتيجه] зат. **1.** *Белгілі бір іс-әрекеттен туатын, шығатын қорытынды, түйін.* **2.** *Қол жеткізген табыс, жеңіс.*

**НӘТИЖЕЛІ** сын. *Өнімі мол, табысы көп, жемісті.*

**НӘТИЖЕЛІЛІК** зат. *Іс-әрекеттен туатын өнімділік, табысты болушылық, пайдалылық.*

**НӘТИЖЕСІЗ** сын. *Іс-әрекеттің ешбір қорытынды-түйінге келмей бітуі; жеміссіз.*

**НӘТИЖЕСІЗДІК** зат. *Іс-әрекеттің қорытындысыздығы; түйінсіздік, жеміссіздік.*

**НӘТИЖЕСІНДЕ** үст. *Нәтижесі, қорытындысы бойынша.*

**НӘТПІС** зат. көне. *Жауап, қайтарым.*

**НӘТІ**[1] зат. жерг. *Нәсілі, тегі.*

**НӘТІ**[2] мод. *Шамасы, сірә.*

**НӘУБЕТ**[1] [ар. نوبت] з а т . *Ырзық, ырыс, бақ, дәулет.*

**НӘУБЕТ**[2] [ар. نوبت] з а т . *Апат, кесапат, ауыртпалық.*

**Нәубет келді [түсті].** *Басқа ауыртпашылық түсті, қиыншылыққа кездесті.*

**НӘУБЕТ**[3] [ар. نوبت] з а т . *Кезек, рет, жөн.*

**Нәубеті келді.** *Реті, ыңғайы келді.*

**НӘУБЕТКЕР** с ы н . к ө н е . *Нәсіп етілген, ырзығына тиесілі.*

**НӘУЕТЕК** с ы н . *Еңбек етуге қыры жоқ, бос.*

**НӘУЕТЕКСУ** *Науетексі етістігінің қимыл атауы.*

**НӘУЕТЕКСІ=** е т. *Қолынан еш нәрсе келмегенсу, орашолақтану.*

**НӘУТЕКСІТ=** е т. *Еркелету, шолжаңдату, орашолақтандыру.*

**НӘУЕТЕКСІТУ** *Нәуетексіт етістігінің қимыл атауы.*

**НӘУЕТЕКТІК** з а т . *Қырсыздық, орашолақтық.*

**НӘУМЕД** з а т . д і н и . *Нәмед, Құдайдың сыйлығы.*

**НӘУМЕЗ** с ы н . ж е р г . *Реніште, өкпелі, наразы.*

**Нәумез болды.** *Ренжіді, өкпеледі.*

**НӘУМЕЗДЕН=** е т. *Наразы болу, ренжу.*

**НӘУМЕЗДЕНУ** *Нәумезден етістігінің қимыл атауы.*

**НӘУМЕЗДЕУ** с ы н . *Көңілсіз, реніште.*

**НӘУМЕЗДІК** з а т . *Наразылық, өкпелі болушылық.*

**НӘФІЛ: нәфіл [нәпіл] намаз.** д і н и . *Мұсылманның бес парыз намаздан бөлек Аллаға өз еркімен құлшылық етіп, нәпіл өтелуге рұқсат етілген уақыттарда, әдетте түнде оқитын намаз.*

**НӘШ** з а т . *Нақыш, ырғақ, мәнер, қисын, сән.*

**Нәшіне келтірді.** *Сәндеді, мәнерледі.*

**НАШИЗӘ** з а т . *Ерінің төсегіне келмейтін және оның рұқсатынсыз үйін тәрк етіп кететін әйел.*

**НӘШ-НАҚЫШ** з а т . *Мән-мәнер, ырғақ.*

**НӘШТЕ=** е т. *Нақышына келтіру, әрлеу, әдемілеу, мәнерлеу.*

**НӘШТЕН=** е т. *Нақышына келтіру, әрлендіру, мәнерлендіру.*

**НӘШТЕНУ** *Нәштен етістігінің қимыл атауы.*

**НӘШТЕУ** *Нәште етістігінің қимыл атауы.*

**НӘШТІ** с ы н . *Нақышты, сәнді, әдемі.*

**НӘШРИЯТ** [ар. نشريات] з а т . е с к і к і т . *Баспа, басылым.*

**НӘҺАН** с ы н . к ө н е . *Шексіз, тұңғиық.*

**НӘҺАН** [ир. نهنگ] з а т . *Үлкен, алып балық, кит.*

**НЕ** е с і м . **1.** *Сұрау мағынаны білдіретін есім сөз.* **2.** *Неше түрлі, қилы-қилы.*

**Не айтарын білмеді**. *Жауап таппады, сасып, әбіржіп қалды.* **Не айтып, не қойғанын, не қылғанын білмеді.** *Орынсыз, қисынсыз іс істеді.* **Не ақың кетті.** *Қандай алажағың бар еді деген мағынада.* **Не ақысы бар**. *Қатысы жоқ.* **Не арманы бар**. э к с п р . *Арманы жоқ, армансыз.* **Не ары, не бері.** с ө й л . *Әрі-сәрі, не боларын білмей.* **Не атамда, не батамда жоқ**. *Еш қатысы жоқ, жеті атамда жоқ.* **Не әкеңнің құны [көз құны] бар**. *Ала алмай жүрген кегің, кеткен есең бар ма еді деген мағынада.* **Не бары**. *Бар болғаны, бар-жоғы.* **Не басыңа күн туды.** *Осыншама мазаланатындай нендей жағдай болды деген мағынада.* **Не берсе де**. *Қандай нәрсе ұсынса да, аз-көбіне қарамай.* **Не бетімен қарады [не бетін айтады].** *Ұялмай-қызармай кісі бетіне қалай қарайды; қандай уәжді сөз айта алады деген мағынада.* **Не бетін айтамын?** *Қалай айтып жеткіземін, не деп айтамын деген мағынадағы сөз.* **Не болады.** с ө й л . *Енді одан не шығады, ешбір пайда жоқ деген мағынада.* **Не болары**. *Немен бітері, аяқталары.* **Не болмаса**. *Немесе, оның орнына.* **Не болса соған**. *Болар-болмас нәрсеге, түкке тұрмайтын сөзге, іске.* **Не болса сол**. *Жоқтан өзге, түкке тұрғысыз.* **Не боп қалды**. *Күтпеген не болды, бүлінгендей не болды.* **Не бір.** *Өте озық, аса жарамды, мақтанарлық.* **Не бітті.** *Не болды,нәтижесі қандай болды?* **Не бітірді**. *Қандай пайда әкелді, нендей үлес қосты.* **Не дауа.** *Не шара, амалың бар ма.* **Не де болса [не болса да].** *Қалай да, қайтсе де, қандай жағдай болса да, не күтіп тұрса да, нар тәуекел деген мағынада.* **Не деген**. *Таңғаларлық, керемет, ғажап; өрескел, ерекше.* **Не демейді.** *Бәрін де шындықты да айтады, жала да жабады.* **Не десе о десін**. *Не істесе де, не айтса да бәрібір, мән бермеу.* **Не жазды.** *Жазығы, айыбы қайсы, қандай кінәмен жақпай қалды.* **Не жаздым? не жазып қалдым**?. *Қандай кінәммен жақпай қалдым деген мағынада.* **Не жақсылық күтуге болады**? *Қандай пайда, дұрыс нәтиже береді деген мағынада.* **Не жаны.** э к с п р . м ү с і р к е у . *Қалай, қалайша, қайтіп.* **Не жетсін [жетеді].** *Ойдағыдай болып орындалғаны дұрыс, іске асқаны жөн; не тең келеді деген мағынада.* **Не жорық.** *Несі жөн, несін айтасыз, не бар.* **Не жыларын, не күлерін білмеді.** *Лажы қалмады, амалы таусылды.* **Не заман.** *Көп уақыт болды, талай заман өтті.* **Не заманғы.** *Қанша уақыттан бергі, қашанғы.* **Не заматта.** *Аздан соң, біраз уақыттан кейін.* **Не заматтан соң.** *Біраз уақыттан кейін, аздан соң.* **Не керегі [пайдасы] бар**. *Несіне әуре болады, қажеті қанша.* **Не [неге] керек.** с ө й л . а) *Сонымен, сөздің қысқасы, айтып-айтпай не қылайын деген мағынадағы сөйлеушінің ойын білдіреді.* ә) *Не қажеті бар.* б) *Тыныш жатпай ма, тыныш жүрмей ме, енді не жетпейді деген мағынадағы біреуге кеюді білдіреді.* **Не көрмеді.** *Нені басынан кешпеді, өткермеді деген мағынада.* **Не көрсетпеді**. *Көп бейнет шеккізді деген мағынада.* **Не көрінді.** *Не басына күн туды, не пәле болды, нендей жаманшылық келді, соншалықты не болды? деген мағынада.* **Не күйге түсірді**. *Қандай жағдайда қалдырды, не істеді деген мағынадағы біреуге ашынып, ренжіп айтылатын сөз.* **Не қара басты?** *Жаман қылықты істеуге не себеп болды; сонша өзіңе не көрінді; басыңа не күн туды?* **Не қара көрінді?** *Бір нәрсеге, біреудің немесе өзінің ісіне разы болмағанда, кейігенде айтылатын «сонша не болды», «бір нәрсе болды ма» деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Не қилы.** *Не түрлі, неше алуан.* **Не қылғанмен.** *Қалай еткенмен, сонда да.* **Не қылмады.** *Қорлығы өтті, азабы батты деген мағынада.* **Не қылса.** *Қайтсе де, қалай болғанда да.* **Не қылсын**. *Керек қылмады, елең қылмады деген мағынада.* **Немді аяйын**. с ө й л . *Аярым жоқ, аянбаймын.* **Немді қастерлейді?** с ө й л . э к с п р . *Қандай қасиетімен сыйлы, қадірлі болмақ деген мағынада.* **Не нәрсе болсын**. *Қандай да бір зат, ұғым, әрекет болсын; кез келген нәрсе.* **Не нәрсе.** *Қандай нәрсе, не зат, нендей ұғым, не мәселе, не жағдай.* **Не нәрсе бар**. *Ештеңе жоқ.* **Ненің ақысы**. *Не үшін, неліктен.* **Неңді алған**. с ө й л . к е к е с і н . *Саған не жоқ; қолдан келмейтінге несіне ұмтылдың деген мағынада айтылатын сөз қолданыс.* **Неңді алдым**. *Не жаздым, не істедім деп налығанда айтылатын сөз.* **Нең кетті.** *Ештеме болмайды, ештемесі кетпейді деген мағынада.* **Не себепті.** *Неліктен, неге. Не үшін. Кім үшін, не деп.* **Несі бар?** *Онда тұрған ештеңе жоқ, ұялатын дәнеңесі жоқ.* **Несі құрады.** *Несі кетеді, ештеңе де етпейді деген мағынада айтылады.* **Несі сән?** *Мәнісі не, пайдасы қандай, несіне керек деген мағынадағы бос нәрсе ғой дегенді білдіретін сөзқолданыс.* **Не қылса**. *Дәу де болса, қайтсе де, әйтеуір.* **Нені болсын.** *Қандай нәрсе болса да, бәрін, түгел.* **Ненің белгісі.** *Қандай нәрсенің көрінісі, не білдіріп тұр.* **Не ол емес, не бұл емес.** Әрі-сәрі. **Не пайда?** *Қаншалық рақат, не жақсылық, келіп-кетер не бар деген мағынадағы қолданыс.* **Не пәле.** *Не нәрсе, қандай сұмдық.* **Несі артық**. *Қай жері жақсы, несі асып тұр.* **Несі кетті**. *Еш нәрсе де болмайды, ештеңке бүлініп қалмайды.* **Несін береді.** *Беретін еш нәрсесі, түгі жоқ.* **Несін жасырайын [жасыратын несі бар].** *Дұрысын айтқан жөн деген мағынада.* **Несіне [неме] жетіседі.** *Неге қағынады, не нәрсеге мәз болады деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Не табады**. *Не ұтады, неменеге қол жеткізеді.* **Не тамды.** *Болар-болмас пайда, демеу болды ма.* **Не теңі!** э к с п р . *Әліне қарап алсын, нәрсе, зат, адам оның қолы емес, теңі емес деген мағынада айтылатын сөз.* **Не тұрыс бар?** *Бостан-бос уақыт өткізудің не қажеті бар деген мағынада.* **Не түрлі.** *Неше, бірнеше.* **Не түрі.** *Көп түрі, алуан нәрсе.* **Не түрлі масқараны өткерді.** *Небір сұмдықты көрді, талай қиындықты бастан кешірді.* **Не түсер.** *Не шығар, не пайда.* **Не тындырады?** *Ештеңе бітірмейді, ешбір істі үйлестірмейді деген мағынада.* **Не тысы, не астары жоқ**. *Мәнсіз, мағынасыз, іліп алып қызықтырып әкететін ештеңесі жоқ.* **Не уайым бар.** *Ойланатын, қамығатын ештеңе жоқ деген мағынада.* **Не шара [шара бар ма] бар?** *Амал жоқ, лаж жоқ, қолданар шара жоқ.* **Не шаруам бар.** *Жұмысым жоқ, шатағым жоқ деген мағынада.* **Не шатағы [шаруасы, жұмысы] бар**. *Жұмысы жоқ, пәледен аулақ деген мәндегі сөз қолданыс.* **Не істейді.** *Қандай әрекет жасайды.* **Не істей қояды**. *Қолынан не келеді, не бітіреді.* **Не істерін білмеді**. *Амалын таппады, қандай себеп айтарын білмеді.*

**НЕ**[2] ш ы л . *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын немесе «я» сөзінің мағынасына пара-пар талғаулық мағынадағы жалғаулық.*

**НЕАНДЕРТАЛЬ: неандерталь адамы.** [лат. Homo neanderthalensis] а н т р о п о л . *Қаңқа қалдықтары ғана сақталған ертедегі адамдардың жеке тобы.*

**НЕБӘРІ** ү с т . *Бар болғаны, азғана.*

**НЕБІР** е с і м . *Әлдеқандай, әрқилы, неше түрлі.*

**НЕВРАЛГИЯ** [грек. neuron – жүйе, algos – ауруы] з а т . м е д . *Шеткі жүйкенің ұстамалы ауруы.*

**НЕВРАСТЕНИЯ** [грек. neuron – жүйе, astheneia – ауруы] з а т . м е д . *Невроздың бір түрі; аса күйгелектіктен және тітіркенгіштіктен жүйкенің әбден шаршап, тозуы.*

**НЕВРЕКТОМИЯ** з а т . *Операция; ауырған жердің сезімталдығын жою үшін жасалатын нервті кесу.*

**НЕВРИТ** з а т . м е д . *Жүйке тамырлардың талаурап ісінуінен пайда болатын ауру.*

**НЕВРОЗ** з а т . м е д . *Нерв жүйесі қызметінің бұзылуынан, әлсіреуінен болатын ауру.*

**НЕВРОЛОГ** з а т . *Неврология маманы.*

**НЕВРОЛОГИЯ** [грек. neurologia, neuron – жүйке, logos – ілім] з а т . м е д . *Нерв жүйесін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

**НЕВРОПАТОЛОГ** зат. мед. *Невропатологияның арнаулы маманы.*

**НЕВРОПАТОЛОГИЯ** [грек. neuron – жүйке, pathos – қасірет, logos – ілім] зат. мед. *Жүйке жүйесі ауруларының себебі мен механизмін анықтау, емдеу және олардан сақтандыру әдістері туралы ғылым.*

**НЕВРОТИЗМ** зат. мед. *Эмоциялық орнықсыздықпен, алаңдаушылықпен, өзін-өзі сыйлаудың төмендігімен, вегетациялық кінәраттармен сипатталатын күй.*

**НЕВРОЦЕЛЬ** зат. *Хордалы жануарлардың түтікті жүйке жүйесіндегі ішкі қуыс.*

**НЕГАТИВ** [лат. negativus] зат. *Суретке тартылған заттың ақ жері қара, қара жері ақ болып көрінетін жарық сезгіш үлдірге түскен бейнесі.*

**НЕГАТИВИЗМ** [лат. negativus] зат. *Субъектінің басқа индивидтердің немесе әлеуметтік топтардың талаптары мен күтулеріне әдейі қарама-қарсы іс-әрекеттерінен көрінетін мотивацияланбаған мінез-құлқы.*

**НЕГЕ** есім. *Не себепті, неліктен деген мағынада қолданылатын сұрау сөз.*

**Неге десеңіз**. *Себебі не десеңіз.* **Неге екені белгісіз**. *Себебі беймәлім, ақиқаты жоқ, түсініксіз; айқын емес деген мағынадағы баяншының күйін білдіретін қыстырма сөзқолданыс.* **Неге екенін білмейді**. *Себебінен бейхабар, не себеп болғаны белгісіз.* **Неге екенін кім білсін [түсінбеймін, білмеймін]**. а) *Түсініксіз, белгісіз деген мағынадағы баяншының көңіл-күйінен хабар беретін қыстырма сөзқолданыс.* ә) *Себебі белгісіз.* **Неге екенін қайдам.** *Қалай болғаны белгісіз.* **Неге ғана.** экспр. а) *Өкіну, ой екпінін түсіру мағынасында жұмсалатын сөзқолданыс.* ә) *Неліктен, не себепті, не үшін.*

**НЕГЕН** үст. ***Негеннен.***

**НЕГЕННЕН** үст. жерг. *Нақақтан, кінәсыз.*

**НЕГЕШ** зат. *Тілі жаңа шығып жетіліп жатқан, бәрін қызық көріп жан-жағынан сұрай беретін білімқұмар баланың атауы.*

**НЕГР** [лат. niger] зат. *Тропикалық Африканың жергілікті қара түсті халқының негізгі тобы.*

**НЕГРДЕЙ** сын. *Түрі негрге ұқсаған, қапқара.*

**НЕГРОИД** [франц. negroide] зат. *Экватор нәсілді халықтардың жалпы атауы.*

**НЕГІЗ**[1] зат. **1.** филос. *Кейбір құбылыстардың немесе құбылыстар жүйелерінің бастапқы алғышарты.* **2.** *Түп-төркін, тек, тұқым.* **3.** *Жаратылысы, болмысы.* **4.** лингв. *Сөзжасамдық маңызы бар сөздің өзекті, мағыналы бөлігі.* **5.** *Түпнұсқа.* **6.** *Іргетас.*

**Негіз бар**. *Сүйеніш, дәйек бар.* **Негіз болды**. *Басшылыққа алды, тірек етті, арқа сүйеді, дәлел болды.* **Негізге алды**. *Басшылыққа алды, ұстанды, сүйенді.* **Негіз қалаушы стандарт.** *Кең салада қолдануға болатын немесе белгілі бір салаға арналған жалпы ережелерді қамтитын құжат.* **Негізі жарымаған [жаман]**. *Түп-тегі нашар, түк көрмеген.* **Негізі қаланды.** *Негізі, ізі салынды.* **Негізін қалады.** *Бастамасын жасады, іргетасын тұрғызды, бастап берді, жолбасшылық көрсетті.* **Негізін қалаушы.** *Бастап беруші, қалыптастырушы, жол салушы.*

**НЕГІЗ**[2] зат. хим. *Ерітінділерді бір немесе бірнеше гидроксид иондарын түзіп, диссоциацияланатын күрделі заттар.*

**НЕГІЗГІ** сын. *Шешуші мәні бар, басты.*

**Негізгі арқан.** спорт. *Жуандығы 10-14 мм капроннан не нейлон жіптерден өрілген, шыңға шыққан альпинистердің негізгі байланыс бөлігі болатын және ауырлықты көтеретін арқан.* **Негізгі діңгегі**. *Ең бастысы, ең маңыздысы.* **Негізгі жұмыс.** *Бірнеше жұмысты қатар атқаратын тұлғаның өзі үшін негізгі деп есептейтін, не негұрлым көп уақытын алатын, не оған негұрлым көп табыс әкелетін жұмыс.* **Негізгі капитал**. экон. *Субъектінің бүкіл заттай да, ақшалай да капиталын ақшаға шағып сипаттайтын көрсеткіш.* **Негізгі қағидаттар**. *Басты баптар, ережелер.* **Негізгі қақпашы**. спорт. *Командадағы бас қақпашы, бірінші қақпашы.* **Негізгі қорлар**. экон. *Материалдық өндіріс саласында да, бейөндірістік салада да заттай нысанда ұзақ уақыт бойына жұмыс істейтін және өзінің құнын тозуына қарай бөліктер бойынша жоғалтатын материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығы.* **Негізгі морфема.** лингв. *Дербес лексикалық мағынасы бар, түбір морфема.* **Негізгі ой.** *Ең басты мәселесі, көздеген мақсаты, идеясы.* **Негізгі өндіріс**. экон. *Кәсіпорынның тауар өнімін (бұйымдар, тауар) өндіруді (жеткізу мен өткізу үшін қызметтер көрсетуді) қамтитын өндірістік қызметінің бір бөлігі.* **Негізгі өнім.** экон. *Өндірістің жалпы көлеміндегі үлес салмағы көп және кәсіпорын дайындауға бағдарланған өнім.* **Негізгі сөздік қор.** лингв. *Тілдің негізін құрайтын, сөздік құрамның қалыптасуы мен сөзжасамда маңызды рөл атқаратын, жалпыхалықтық сипатқа ие бір буынды сөздер.*

**НЕГІЗДЕ=** ет. *Дәлелді етіп тұжырымдау.*

**НЕГІЗДЕЛ=** ет. *Негізге алыну, сүйеніліу.*

**Негізделген табыс**. экон. *Мүлікті (жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды) иеленуден алынатын табыс.*

**НЕГІЗДЕЛУ** *Негіздел етістігінің қимыл атауы.*

**НЕГІЗДЕМЕ** зат. **1.** *Тиянақты дәлел, дәйектеме.* **2.** *Бір шараның я құбылыстың т.б. тиянақты дәлелі, дәйектемесі көрсетілген құжат.*

**НЕГІЗДЕС** сын. *Түп-тегі бір, төркіндес.*

**НЕГІЗДЕУ**[1] зат. **1.** *Айғақты дәлел.* **2.** ғыл. *Ғылыми нәтижені ақиқаттығы анықталған басқа пікірлер мен тұжырымдарға, теорияларға сүйену арқылы дәлелдеу.*

**НЕГІЗДЕУ**[2] *Негізде етістігінің қимыл атауы; дәлелді етіп тұжырымдау.*

**НЕГІЗДЕУШІ** зат. *Іргетасын қалаушы, нұсқасын салушы.*

**НЕГІЗДІ** сын. **1.** *Түбі мықты, текті.* **2.** *Дәлелі орынды, дәйекті.*

**НЕГІЗДІК** сын. хим. *Негізге қатысты, негізге тән.*

**Негіздік денешік**. биол. *Жасушалардың арнайы органеллалары – кірпікшелер мен талшықтар құрамында кездесетін құрылым.* **Негіздік жарғақша**. биол. *Эпителий ұлпасының эпителиоциттері мен олардың астындағы борпылдақ дәнекер ұлпасы шекарасында орналасқан құрылым.* **Негіздік қабат**. биол. *Көпқабатты эпителий ұлпасының негіздік жарғақпен жанасатын төменгі эпителиоциттер қабаты.*

**НЕГІЗСІЗ** сын. **1.** *Түп-төркіні нашар, тексіз.* **2.** *Дерегі жоқ, дәлелсіз.*

**НЕГІЗСІЗДІК** зат. **1.** *Түп-төркіні нашарлық, тексіздік.* **2.** *Дәлелі жоқтық, орынсыздық.*

**НЕГІЗІНДЕ** үст. *Сайып келгенде, шынында, анығында.*

**НЕГІЗІНЕН** үст. *Түптеп келгенде, асылында, шын мәнінде.*

**НЕҒАЙБЫЛ** үст. *Істің жүзеге асу-аспауы белгісіз, күмәнді, екіталай.*

**НЕҒАЙБЫЛДЕУ** сын. *Істің жүзеге асу, аспауы күмәнділеу, шүбәлілеу.*

**НЕҒҰРЛЫМ** үст. *Бар мүмкіндігінше, мейлінше, барынша.*

**НЕҒЫП** есім. сөйл. *Не қылып, неге?*

**НЕДӘУІР** үст. сөйл. ***Едәуір.***

**НЕДЕН** есім. *Қайдан, не себептен, ненің нәтижесінде.*

**НЕДОИМКЕ** ор. зат. тар. *Қоғамдық және мемлекеттік алым-салықтан өтелмей қалған қарыз, борыш.*

**НЕЙБЕТ** үст. *Ештеңесі жоқ, құралақан, дәнеңесіз, босқа.*

**НЕЙЗИЛЬБЕР** [нем. Neusilber] зат. кен. *Құрамы 65% мыстан, 15% никель және 20% мырыштан тұратын қорытпа.*

**НЕЙЛОН** зат. *Жасанды талшық және содан тоқылған синтетикалық мата.*

**НЕЙРОАНАТОМИЯ** [грек. neuron – жүйке, anatome – жару] зат. мед. *Жүйке жүйесі мен оның мүшелерінің нысаны мен құрылымын зерттейтін анатомия бөлімі.*

**НЕЙРОКИБЕРНЕТИКА** [грек. neu- ron – жүйке, kybernetike – басқару] зат. *Кибернетикадағы нейрондар, нейрон ансамбльдері және тұтастай орталық нерв жүйелерінің қызметі мен құрылымы зерттелетін әрі үлгіленетін бағыт.*

**НЕЙРОМЕДИАТОР** [грек. neuron – жүйке, mediator – делдал] зат. мед. *Қозуды тасымалдау процесінде аралық функция атқаратын жүйке ұшынан бөлінетін физиологиялық белсенді заттар.*

**НЕЙРО...** мед. *Адамның жүйке жүйесінің аурулары және оларды емдеуге байланысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**НЕЙРОН** [грек. neuron] зат. мед. *Жан-жаққа таралған жүйке жасушасы.*

**НЕЙРОПСИХИАТРИЯ** зат. мед. *Жүйке процестері мен психиатриялық бұзылу арасындағы байланысты зерттейтін медицина саласы.*

**НЕЙРОПСИХОЛОГИЯ** [грек. neuron – жүйке, psyche – жан, logos – ілім] зат. психол. *Неврологиялық процесс пен мінез-құлықтың өзара байланысын қарастыратын физиологиялық психологияның бөлімі.*

**НЕЙРОХИРУРГ** зат. мед. *Нейрохирургия саласындағы маман.*

**НЕЙРОХИРУРГИЯ** [грек. neuron – жүйке, cheir – қол, ergon – жұмыс] зат. мед. *Орталық жүйке жүйесі мен оның тарамдарының ауруларын әрі хирургия, әрі неврология тарапынан зерттейтін ғылым.*

**НЕЙРОХИРУРГИЯЛЫҚ** сын. *Нейрохирургияға қатысты, нейрохирургияға тән..*

**НЕЙРОФИЗИОЛОГИЯ** [грек. neuron – жүйке, physis – табиғат, logos – ілім] зат. физиол. *Жүйке жүйесінің функцияларын, жүйке ұлпасындағы ақпараттарды өңдеу процестерін, сондай-ақ адам мен жануарлардың мінез-құлықтарының негізінде жататын механизмдерді зерттейтін физиология ғылымының бір саласы.*

**НЕЙТРАЛИТЕТ** [нем. Neutralitat] зат. ***Бейтараптық.*** **1.** қоғ.-саяси. *Бөгденің дауына, екі тараптың арасындағы күреске араласпаушылық.* **2.** құқық. *Соғысқа қатыспау, бейбіт уақытта әскери одақтарға қатысудан бас тарту.*

**НЕЙСТОН** [грек. neusteon] зат. биол. *Теңіз суларын немесе тұщы суларды мекендейтін ағзалар.*

**НЕЙТРАЛИЗМ** зат. биол. *Бейтараптық, ағзалар арасында өзара пайдалы немесе пайдасыз қатынастардың жоқтығы.*

**НЕЙТРОГЕНДЕР** зат. хим. *Мақта маталардың бетіне басуға қолданылатын, Францияда шығарылатын азотолдар мен диазоаминоқосылыстар қоспасының саудадағы атауы.*

**НЕЙТРОН** [ағыл. neutron] зат. физ. *Атом ядросындағы электр зарядынан айырылған материалдық бөлшек.*

**Нейтрон бомбасы**. әск. *Нейтрон зарядтарының ажырауына негізделіп жасалған, тірі жанды қырып-жоятын ядролық қару.*

**НЕЙТРОНДЫ** сын. физ. *Құрамында нейтроны бар, нейтрон араласқан.*

**НЕЙТРОНДЫ-АБСОРБЦИЯЛЫ** сын. физ. *Нейтрон мен абсорбция қатысқан.*

**Нейтронды-абсорбциялы талдау**. хим. *Анықталатын элементтер нуклидтерінің нейтрондарды жұтуын немесе шашыратуын өлшеуге негізделген элементтік талдау әдісі.*

**НЕЙТРОНДЫҚ** сын. физ. *Нейтронға қатысты, нейтронға тән.*

**Нейтрондық жұлдыздар**. астр. *Негізінен нейтрондардан тұратын әрі электрондардың, протондардың және аса ауыр атом ядроларының шамалы қоспасы бар ең тығыз жұлдыздар.* **Нейтрондық қару**. физ. *Негізгі зақымдаушы факторы өткір радиация болып табылатын ядролық қарудың бір түрі.* **Нейтрондық оптика**. физ. *Ядролық физиканың баяу нейтрондардың ортамен, электрмагниттік және гравитациялық өрістермен өзара әсерлесуін зерттейтін бөлімі.*

**НЕЙТРОНОГРАФИЯ** *Нейтрондар дифракциясының көмегімен заттардың құрылымын зерттейтін әдістердің жиынтығы.*

**НЕЙТРОФИЛИЯ** зат. биол. *Нейтрофил лейкоциттердің шамадан тыс көбеюі.*

**НЕКАҺ** зат. этн. ескікіт. *Неке.*

**НЕКЕ**[1] [ар. نكاح] зат. *Жаңа үйленген адамдардың ерлі-зайыпты болғандығын ресми түрде заңдандыру ісі.*

**Неке бұзды**. *Ажырасты, айырылысты.* **Неке дұғасы.** діни. *Шариғат бойынша отасу, некелесу рәсімінде оқылатын сүре, аят, тілек.* **Неке жүзігі [сақинасы].** *Жаңа үйленуші ерлі-зайыпты адамдардың сүйіспеншілік, махаббаттың, адалдықтың белгісі ретінде бір-бірінің қолына тағатын (өзара сыйға тартатын) зергерлік бұйым.* **Неке куәлігі [қағазы].** *Жұбайлардың некеленгендігін білдіретін ресми құжат.* **Неке қиғызу.** а) діни. *Молдаға некесін қидыру, алдын ала белгіленген екі адамды куәға ала отырып неке суын ішкізіп, Құран аяттарын оқытқызып, үйленетін жастардың бір-біріне адал болуына ант алғызу рәсімі.* ә) *Жұбайлардың тұрмыс құрғандығын ресми түрде заңдандыру.* **Неке қидыру.** діни. *Молдаға некесін қидыру, алдын ала белгіленген екі адамды куәға ала отырып неке суын ішкізіп, Құран аяттарын оқытқызып, үйленетін жастардың бір-біріне адал болуына ант алғызу рәсімі.* **Неке сарайы.** *Жас жұбайлардың бір-біріне қосылғандығы туралы дәстүрлі жоралғыны өткізетін салтанат орны, ғимарат.* **Неке суы**. діни. а) *Ескі салт бойынша, неке оқылғаннан кейін ерлі-зайыптыларға ауыз тиюге беретін су.* а) *Молда үйленетін екі адамды алдын ала белгіленген екі жігітті куәге тарта отырып, оларға неке суын ішкізіп, олардан бір-біріне адал болуына ант алып, Құран аяттарын оқыды.* **ә) Некесі қиылды**. *Некелесті, некеге тұрды, заңды түрде ерлі-зайыпты болып қосылды.*

**НЕКЕ**[2] зат. *Көктем кезінде жылқы денесінен тері сыртына өздігінен шығатын бұзылған қан.*

**НЕКЕЖАУЛЫҚ** зат. этн. көне. *Қалыңдықтың пәктігін айқындау үшін күйеу жігіт пен қыз төсегіне төселетін ақ жібек шаршы мата.*

**НЕКЕҚИЯР** зат. **1.** *Үйлендіру, екі жасты үйлендіру рәсімі.* **2.** *Отбасын құрған адамдардың мемлекеттік, азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАЖ) органдарында тіркелу рәсімі.* **3.** этн. *Ерлі-зайыпты боп тұрмыс құрған кісілердің некесін қиған адамға берілетін жоралғы (мал, ақша).*

**НЕКЕЛЕ=** ет. *Үйленгендікті куәландыру, ерлі-зайыпты болғандықты заңдандыру.*

**НЕКЕЛЕН=** ет. *Некеге тұру, некесін қидыру.*

**НЕКЕЛЕНУ** *Некелен етістігінің қимыл атауы.*

**НЕКЕЛЕС=** ет. *Бірге некеге тұру.*

**НЕКЕЛЕСУ** *Некелес етістігінің қимыл атауы.*

**НЕКЕЛЕТ=** ет. *Некеге тұрғызу.*

**НЕКЕЛЕТУ** *Некелет етістігінің қимыл атауы.*

**НЕКЕЛЕУ** *Некеле етістігінің қимыл атауы.*

**НЕКЕЛІ** сын. *Ресми түрде үйленген, некеге тұрған, некесі қиылған.*

**Некелі төсек.** *Ерлі-зайыптылардың төсегі.*

**НЕКЕЛІК** сын. *Некеге қатысты, некеге тән.*

**Некелік одақ**. кіт. *Ерлі-зайыпты болып отбасын құрған ер мен әйелдің бірлігі.*

**НЕКЕН** үст. ескікіт. көне. *Жалғыз-жарым, жалқы.*

**НЕКЕНДЕР** зат. биол. *Көне замандық түрлер, қазіргі заманда аз да болса түрлері сақталған, бұрынғы геологиялық дәуірде тіршілік еткен өсімдіктер мен жануарлардың қалдығы.*

**НЕКЕН-НОҚАН** сын. сөйл. жерг. ***Некен-саяқ.***

**НЕКЕН-НҰҚАН** сын. сөйл. ***Некен-саяқ.***

**НЕКЕН-САЯҚ** сын. **1.** *Бірен-саран, жалғыз-жарым.* **2.** *Өте сирек, ілуде біреу.* **3.** *Сирек, анда-санда кездесетін, мыңнан бір.* **4.** *Бірлі-жарым.*

**НЕКЕН-САЯҚТАУ** сын. *Бірлі-жарымды, азын-аулақтау, сиректеу, жалғыз-жарымды.*

**НЕКЕС**[1] сын. ескікіт. *Жат, бейтаныс.*

**НЕКЕС**[2] сын. *Арам пиғыл, сұм, жексұрын.*

**НЕКЕСТІК** зат. *Жексұрындық, арамзалық.*

**НЕКЕСІЗ** сын. **1.** *Ерлі-зайыпты болғандығы ресми түрде куәландырылмаған, ерлі-зайыптылығы заңсыз. // Заңсыз түрде, некелеспей, некеге отырмай.* **2.** сөйл. *Күйеусіз немесе әйелсіз, басы бос.*

**НЕКК** [ағыл. neck] зат. геол. *Жанартаудың көмейін толтырған баған пішінді лавалық, туфолавалық, туфтық дене.*

**НЕКРОЗ** зат. физиол. *Ағзадағы қандай да бір органның немесе жасушалар тобының жансыздануы.*

**НЕКРОЛОГ** [грек. nekros – өлі, logos – сөз] зат. ***Қазанама*** *(қайтыс болған адамның өмірі мен қызметі жайлы хабар берілген қаралы мақала).*

**НЕКРОПОЛЬ** [грек. nekros – өлі, polis – қала] зат. тар. *Адамдар жерленген обалар мен қабір топтары немесе отырықшы-қалалық орталықтар төңірегіндегі негүрлым үлкен зираттар.*

**НЕКРОБАЦИЛЛЕЗ** зат. биол. ***Бақайқұрт*** *(мал мен құстың, бұғының жұқпалы ауруы).*

**НЕКРОЗ** [грек. nekros ] зат. вет. **1.** *Тірі ағзаның жекелеген органдарының, оның бөліктеріндегі немесе ұлпалар мен жасушалардағы тіршілік қызметінің тоқтатылуы.* **2.** *Қан айналысының бұзылуы салдарынан, химиялық және физикалық әсерден ағза ұлпасының шіріп бүлінуі.* **3.** *Өлі еттену, мал денесінің белгілі бір бөлігінің тіршілік қабілетінен айрылуы.*

**НЕКРОФАГ** зат. биол. *Өлі жануарлармен қоректенетін ағзалар.*

**НЕКТАР** [грек. nektar] зат. ***Шырын*** *(гүлді өсімдіктерден бөлінетін тәтті зат).*

**НЕКТОН** [грек. nektos] зат. зоол. *Суқоймалардың пелагиаль аймағында тіршілік ететін, белсенді түрде жүзіп жүретін ағзалар жиынтығы.*

**НЕҚОСТАУ** сын. жерг. *Селқостау, енжарлау.*

**НЕЛЕР** есім. сөйл. *Небір, нетүрлі.*

**Нелер алуан**. *Небір түрлі, неше түрлі, әрқандай.* **Нелер қилы.** *Талай-талай сыры бар, неше алуан.*

**НЕЛЕУ** сын. сөйл. *Көңілдегідей емес, ойдағыдай емес дегенді тура айтуға қиналғанда қолданылатын тұспалдау мәнді сөз.*

**НЕЛІКТЕН** үст. **1.** *Не себептен, неге.* **2.** *Қалайша, қайтіп осылай болды деген риторикалық сұрақ мағынасындағы сөз.*

**НЕМАРТ** сын. ескікіт. *Тексіз, жетесіз, нашар.*

**НЕМАТОБЛАСТЫҚ: нематобластық құрылым**. геол. *Кристаллобластық құрылымның түрі.*

**НЕМАТОДОЗДАР** зат. биол. *Жұмыр құрттар тудыратын ішқұрт аурулары (аскаридоз, стронгилидоз, метастронгилез, диктиокаулез, хабертиоз т.б.)*

**НЕМАТОЦИД** зат. биол. *Дөңгелек құрттарға қарсы қолданылатын улы химикат.*

**НЕМӘРСЕ** есім.сөйл. *Не болса да.*

**НЕМЕ** есім.қарап. *Тең көрмей қомсынған кезде айтылатын есім сөз.* **2.** *Жек көріп, қорлау, кемсіту үстінде айтылатын есім сөз.*

**НЕМЕДЕЙ** сын. жағымсыз. *Біреулердей, неме сияқты.*

**НЕМЕЛТАЙ** зат. жерг. *Немеренің баласы (шөбере.).*

**НЕМЕНЕ**[1] зат. этн. **1.** *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын жетінші ұрпақ.* **2.** этн. *Ата-ананың ұл жағынан туған бесінші ұрпағы, шөпшектен туған бала.*

**НЕМЕНЕ**[2] есім. **1.** *Не нәрсе, ол не.* **2.** сөйл. *Не дейсің, не дедің, не деп тұрсың деген мағынада.* **3.** сөйл. *Не болды сонша, сонша не көрінді деген мағынада.* **4.** сөйл. *Сол да сөз боп па, түкке тұрғысыз нәрсе деген мағынада.*

**НЕМЕНЕГЕ** есім. *Не үшін, не себепті, неге.*

**НЕМЕНТАЙ** сын. жерг. *Болмашы ғана, мардымсыз.*

**НЕМЕРГІШ** зат. физ. *Сұйықтықтардың салыстырмалы тығыздықтарын анықтайтын құрал; пикнометр.*

**НЕМЕРЕ** зат. этн. *Ата-ананың ұлынан туған баласы; атадан санағандағы үшінші ұрпақ. // Аталас, атасы бір, бір атаның баласының ұрпақтары болып келетін.*

**Немере аға**. этн. *Екінші ұрпақтан жалғасатын туысы, бір атадан туған ағайынды*

*кісінің жасы үлкен ұлы.* **Немере қарындас**. этн. *Ағайынды кісінің балаларының ішіндегі жасы кіші қыз.* **Немере сүйді [жетектеді].** *Ұрпағының балаларының қызығын көрді.*

**НЕМЕРЕЛЕС** сын. *Ерлер жағынан алғанда әкелерінің әкесі бір туыстас.*

**НЕМЕРЕЛІ** сын. *Немере көрген, немересі туған.*

**НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕ** зат. этн. *Немере мен шөбере; үрім-бұтақ, өрен-жаран.*

**НЕМЕРТИНДЕР** [лат. nemertini]**: немертиндер типі**. биол. *Басым көпшілігі теңіз жағалауларында еркін тіршілік ететін, тек кейбір өкілдері тұщы суларда паразиттік тіршілік етуге бейім жануарлар.*

**НЕМЕСЕ** шыл. *Не болмаса, не.*

**НЕМЕУРІН** зат. жерг. *Көмек, жәрдем.*

**НЕМЕШЕ** үст. жағымсыз. *Неме сияқтанып.*

**НЕМКЕТТІ** үст. *Қалай болса, солай, немқұрайды, самарқау. // Енжар, селсоқ.*

**НЕМКЕТТІЛЕУ** сын. *Самарқаулау, селқостау, немқұрайдылау.*

**НЕМКЕТТІЛІК** зат. *Енжарлық, селқостық, немқұрайдылық.*

**НЕМҚҰРАЙДЫ** үст. *Қалай болса, солай, шын ниетімен емес; керенау, селқос. // Әншейін, салғырт. //* сөйл. *Мардымсыз, түкке тұрғысыз.*

**НЕМҚҰРАЙДЫЛАУ** сын. *Шын ниетімен емес, немкеттілеу, керенаулау.*

**НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ** зат. *Немкеттілік, қалай болса, солай қараушылық, керенаулық.*

**НЕММАТЛЫ** сын. ескікіт. *Талапты.*

**НЕМІС** зат. *Германия Федеративті Республикасының байырғы халқының, негізгі ұлтының қазақша атауы; осы ұлт өкілі. // Германияға қатысты.*

**Неміс фашистері [неміс].** тар. *Екінші дүниежүзілік соғыста халық арасында қалыптасқан фашистік Германия әскерінің аты.*

**НЕМІСШЕ** үст. **1.** *Неміс тіліне аудару.* **2.** *Неміске ұқсату.*

**НЕМІСШЕЛЕ=** ет. **1.** *Неміс тілінде, неміске ұқсап.*

**НЕМІСШЕЛЕУ** *Немісшеле етістігінің қимыл атауы.*

**НЕНДЕЙ** ес. *Қандай, қандайлық.*

**Нендей бір**. *Қандай да бір, әлдебір.*

**НЕНДЕЙЛІК** зат. *Қандай бір, қандайлық.*

**НЕО...** [грек. neos] *Жаңа деген мағына үстейтін әдетте терминдік күрделі атаулардың алғашқы құрамдас бөлігі.*

**НЕОАНТРОПТАР** [грек. neos – жаңа, anthropos – адам] зат. тар. *Археологиялық қазбалардан табылған және бүгінгі саналы адамдардың (homo sapiens) жиынтық атауы.*

**НЕОБИХЕВИОРИЗМ** [грек. neos – жаңа, ағыл. behaviour – мінез-құлық] зат. филос. *Дәстүрлі психологиядағы бихевиоризмнің дағдарысын көрсететін XX ғасырдың 30-жылдарында Америка психологиясында пайда болған бағыт.*

**НЕОГЕГЕЛЬШІЛДІК** зат. филос. *Дін мен спекулятивтік философияны қорғау үшін пайда болған жаратылыстың тарихи материализм мен позитивизмге қарсы XIX ғ. екінші жартысында Англия мен АҚШ-та қалыптасқан идеалистік философиялық бағыт.*

**НЕОГЕЙ** зат. геол. *Жердің геологиялық (тектоникалық) дамуының соңғы докембрий, палеозой, мезозой және кайнозой дәуірлерін біріктіретін соңғы сатысы.*

**НЕОГЕН** [грек. neos – жаңа, жас, genos – туылу] зат. геол. *Неоген жүйесі және неоген кезеңі терминдерінің қысқаша атауы.*

**Неоген жүйесі**. геол. *Кайнозой тобының ортаңғы (палеоген жүйесі мен төрттік жүйенің арлығындағы) жүйесі.* **Неоген кезеңі**. геол. *Кайнозой эрасының ұзақтығы шамамен 23 млн. жылмен өлшенетін екінші (ортаңғы) геологиялық кезеңі.*

**НЕОДИМ** [лат. neodymium] зат. хим. *Табиғатта сирек кездесетін, күміс түстес ақ металл, рет нөмірі алпысыншы химиялық элемент.*

**НЕОКАНТШЫЛДЫҚ** зат. филос. *Кант философиясының диалектикалық элементтерінен гөрі оның метафизикалық элементтерін қайта жаңғыртып дамытқан, XIX ғ. екінші жартысында Германияда пайда болған идеалистік философиялық ағым.*

**НЕОКЛАССИКА** зат. экон. *Жаңа классика.*

**НЕОКЛАССИКАЛЫҚ** сын. экон. *Жаңа классикалық.*

**Неоклассикалық мектеп.** экон. *Жаңа классикалық мектеп, Маршаллдың еңбегіне және маржиналдық талдау мен ресурстарды оңтайлы бөлу жөніндегі нарықтық тетік әрекетін зерделеу құралдарын кеңінен пайдалануға негізделген экономикалық идеялардың жиынтығы.* **Неоклассикалық экономика.** экон. *Жаңа классикалық экономика, ұтымды болжамдар теориясына негізделген экономикалық ой-пікір мектебі.*

**НЕОКЛАССИЦИЗМ** [грек. neos – жаңа, лат. classicus – үлгілі] зат. экон. *Жаңа классицизм; А.Смит пен Д.Рикардо еңбектерінде негізі қаланған классикалық мектепті дамытушы қазіргі заманғы экономикалық теория мен ағым.*

**НЕОКОЛОНИАЛИЗМ** [грек. neos – жаңа, лат. colonia – қонысжай] зат. саяси. *Тәуелсіз елдерді отарлау саясатының жаңа формаларын сақтауға бағытталған жаңа отаршылдық империалистік қарым-қатынас жүйесі.*

**НЕОКОНСЕРВАТИЗМ** зат. саяси. *Заңның орындалуы мен азаматтар құқының қорғалуын және т.б. қатаң қадағалайтын күшті мемлекет, қоғамдық тәртіп үшін күресетін саяси экономика мен философиядағы бағыт.*

**НЕОКОТОНДАР** зат. хим. *Ерімейтін азобояғыштардың күрделі эфирлерінің ерімтал натрий тұздары.*

**НЕОЛИБЕРАЛДЫҚ** сын. қоғ. *Неолиберализмге тән, неолиберализм бағытына қатысты.*

**НЕОЛИБЕРАЛИЗМ** зат. саяси. *XX ғасырдың 70-жылдары пайда болған экономиканы мемлекеттік реттеуді мойындамайтын, еркін нарық пен шексіз бәсекелестікті дамудың негізгі құралы ретінде қарастыратын саяси экономика мен философияның бағыты. // Неолиберализмге тән, соған қатысты.*

**НЕОЛИТ** [грек. neos – жаңа, lithos – тас] зат. тар. ***Неолит дәуірі***.

**Неолит дәуірі**. тар. *Тас дәуірінің соңғы, ақырғы кезеңі.*

**НЕОЛОГИЗМ** [грек. neos – жаңа, logos – ілім] зат. лингв. *Тілдің сөздік қорындағы жаңа сөз немесе жаңа мағына.*

**НЕОЛОГИЯ** зат. лингв. *Жаңа сөздерді зерттейтін тіл білімінің бір бөлімі.*

**НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ** сын. филос. *Жаңа мифологиялық ділге қатысты, соған тән.*

**Неомифологиялық сана**. филос. *XX ғ. басындағы символизмнен басталып, постмодернизммен аяқталатын XIX ғ. позитивтік санаға жауап ретінде пайда болған жаңа мифологиялық мәдени ментальділіктің бір бағыты.*

**НЕОМИЦИН** зат. биол. *Актиномицеттер тобының кейбір микроағзалары түзетін антибиотиктік кешен.*

**НЕОН** [грек. neos] зат. хим. *Жанғанда құлпырып тұратын инертті газдар тобына жататын химиялық элемент, түссіз, иіссіз, салғырт газ.*

**Неон шамы [оты].** тех. *Неон газында өтетін электр разряды негізінде көзге көрінетін сәуле шығаратын төмен қысымды газ разрядты жарық көзі.*

**НЕОНТОЛОГИЯ** зат. биол. *Заманауи органикалық дүниені зерттейтін биологиялық ғылымдар кешені.*

**НЕОПАЛЛИУМ** зат. биол. *Бауырымен жорғалаушылардың үлкен ми сыңарларының жүйке жасушаларының сұр затынан тұратын қыртысы.*

**НЕОПЛАТОНИЗМ** зат. филос. *Платонның идеалистік теориялары мистикалық эманация (сәуле шашу) туралы ілім формасында қабылданған Рим империясының құлдырау дәуіріндегі мистикалық, кертартпа философия.*

**НЕОПОЗИТИВИЗМ** [грек. neos – жаңа, positivus – оң, дұрыс] зат. филос. *Позитивизмнің жаңа формасы түріндегі шындық туралы білімді ойлау арқылы алуға болады деп есептеген XX ғасырдағы философиядағы бағыт.*

**НЕОПОТИЗМ** [лат. nepos] зат. саяси. *Ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарына қызметтік қамқорлық жасап, оларды аса табысты, ықпалды орындарға тағайындау.*

**НЕОПРЕН** зат. хим. *АҚШ-та өндірілетін хлорпренді көксағыздың саудадағы атауы.*

**НЕОРЕАЛИЗМ** [грек. neos – жаңа, лат. realis – материалық, заттық] зат. филос. *Жаңа реализм, бейнелеудің материалистік теориясына қарсы бағытталған XX ғасырдағы ағылшын-америка философиясындағы ағым.*

**НЕОРЕАЛИЗМДІК** сын. филос. *Неореализмге қатысты, соған тән.*

**НЕОРОМАН** зат. әдеб. *Жаңа роман, француз посавангардистері (1950-1970 жж.) жасап шығарған жаңа әдістер негізінде қалыптасқан роман.*

**НЕОТЕКТОНИКА** [грек. neos – жаңа, tektonike – құрылыс өнері] зат. геол. *Жаңа тектоника, кайнозой дәуірінде байқалған тектоникалық үдерістерді зерттейтін тектоника саласы.*

**НЕОТЕКТОНИКАЛЫҚ** сын. геол. *Неотектоникаға қатысты, соған тән.*

**НЕОТЕНИЯ** [франц.neotenie] зат. зоол. *Кейбір жануарлардың дамуының дернәсілдік кезеңінде жыныстық жетіліп, көбею қабілеті.*

**НЕОТОМИЗМ** зат. филос. *Аквинскийдің іліміне негізделген католик шіркеуінің ресми философиялық қағидасы.*

**НЕОТОМИСТЕР** зат. филос. *Неотомизм қағидасын ұстанушылар, осы ілім көзқарасындағы философ, дінтанушылар.*

**НЕОТОМИСТІК** сын. филос. *Неотомизмге қатысты, соған тән.*

**НЕОФАЗИЯ** зат. психол. *Шизофренияның белгілі бір нысанында жиі байқалатын сөз.*

**НЕОФАШИЗМ** зат. саяси. *Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін таратылған фашистік ұйымдардың саяси және идеялық бағытын жалғастырушы қазіргі заманғы оңшыл-радикалдық қозғалыс.*

**НЕОФАШИСТІК** сын. саяси. *Неофашизмге тән, соған қатысты.*

**НЕОФРЕЙДИЗМ** зат. психол. *Классикалық фрейдизмнің биологизмін еңсеріп, оның негізгі қағидаларына әлеуметтік мағына беруге әрекеттенген психологиялық бағыт.*

**НЕОФРЕЙДИСТЕР** зат. психол. *Неофрейдизмді ұстанушылар, осы бағыт өкілдері.*

**НЕОФРЕЙДИСТІК** сын. психол. *Неофрейдизмге қатысты, соған тән.*

**НЕОХАСЕДИЗМ** зат. діни. *Иудаизмдегі жаңа ағымның бірі.*

**НЕОЦЕРЕБЕЛЛУМ** зат. анат. *Мишықтың эволюциялық тұрғыдан жасырын қабық пен тісті ядродан тұратын ең жақын бөлігі.*

**НЕОЭНЦЕФАЛОН** зат. биол. *Жаңа ми; мидың едәуір кеш дамыған құрылымы.*

**НЕПОВИРУСТАР** зат. зоол. *Нематодалар (жұмыр құрттар) арқылы таралтын, пішіндері көп қырлы вирустар.*

**НЕПТУН** [лат. neptunus] зат. астр. *Күн жүйесінің Күннен бастап санағанда сегізінші үлкен ғаламшары.*

**НЕПТУНАТТАР** зат. хим. *Нептуний гидроксидінің (VI) құрамындағы сутек атомдары металдар атомына алмасқаннан түзілетін туындылар.*

**НЕПТУНИЗМ** [лат. neptunus] зат. филос. *Барлық тау жыныстарын бастапқы дүниежүзілік мұхит суы мен «топан суынан» тұну арқылы жаралған деп түсіндіретін, 18 ғ-дың соңы мен 19 ғ-дың басында тараған ілім.*

**НЕПТУНИЙ** [лат. neptunium] зат. хим. *Рет нөмірі тоқсан үшінші актиноидтар қатарындағы радиоактивті химиялық радиоактивті элемент, жұмсақ, ауыр металл.*

**НЕПТУНИЛДЕР** зат. хим. *Нептунил деп аталатын екі оң зарядты радикалдың тұздары.*

**НЕРВ** [лат. nervus] зат. анат. ***Жүйке*** *(ми мен жұлыннан денеге өте жіңішке талшықтар түрінде таралып, ағза қызметін басқарып отыратын жүйке тамырлар).*

**Нерв жүйесі**. анат. ***Жүйке жүйесі***. **Нерв импульсі.** анат. *Жүйке жүйесіне тән қозу, серпім.*

**НЕРИТ: нерит шөгінділері**. геол. *Теңіздер мен мұхиттардың саяз сулы жағалау алқаптарының шөгінділері.*

**НЕРПА** зат. зоол. *Итбалықтар тобына жататын суда тіршілік ететін, сүтқоректі, тырбиық аяқты жануар.*

**НЕРПАЛАР** зат. зоол. <лат. phoca> *Ескекаяқтылар отряды нағыз итбалықтар тұқымдасының түысы.*

**НЕСЕП** зат. биол. **1.** *Бүйректен сүзіліп өткен қаннан түзілетін зат алмасу үдерісінің өнімі.* **2.** *Жануарлар мен адаНың сұйық дәреті, зәрі.*

**Несеп бұзылуы.** мед. вет. *Адамның, малдың ағзасында болған жағымсыз өзгерістердің, аурудың әсерінен, зат алмасудың қалыпты күйінен ауытқуы салдарынан несеп құрамының нашарлап, өзгеруі.* **Несеп жолдары**. анат. <лат. viae urinariae> *Бүйректе түзілген зәрді уақытша жинап, сыртқа шығаратын мүшелер жүйесі.*

**НЕСЕПАҒАР** зат. анат. <лат. ureter> *Бүйректен зәрді қуыққа алып баратын түтікше мүше.*

**НЕСЕП-ЖЫНЫС: несеп-жыныс жүйесі**. анат. <лат. systema urogenitalis> *Адам мен жануарлардың филогенезі (ұзақ тарихи даму) мен онтогенезінде (жеке даму тарихы) зәр бөлу және көбею мүшелерінің біртұтас қалыптасқан жүйесі.*

**НЕСЕПНӘР** зат. хим. *Карбамид, суда жақсы еритін, иіссіз, түссіз кристалды зат, адамның, сүтқоректі жануарлардың ағзасында жүретін нәруыз алмасу үдерісі нәтижесінде түзілетін ақырғы өнім.*

**НЕСЕПТІ** сын. анат. *Несеп жүретін, несебі бар.*

**НЕСЕПТІК** сын. анат. *Несепке қатысты, соған тән.*

**НЕСИҒАТ** зат. ескікіт. ***Насихат*** *(үлгілі сөз, ақыл сөз, өсиет).*

**НЕСИЕ** [ар. نسيه] зат. **1.** *Кейінірек қайтару келісімімен ауысатын ақшалай-заттай алыс-беріс; борыш, қарыз.* **2.** экон. *Бір тұлғаның екінші тұлғаға қарыз түрінде ақша немесе тауар-материалдық құндылықтар беруі жөніндегі мәміле.* **3.** ауыс. *Қайтарылуға тиіс, қайтарымы болатын іс, сұрауы бар жақсылық, өтемі болатын бақытты шақ.*

**Несие алу**. *Өсімімен және белгілі бір мерзімде қайтарып беретін болып қарыз алу.* **Несие капиталы**. экон. *Жеке немесе заңды тұлғаларға қайтарылу шартымен және несие пайызы түріндегі төлемақыға берілетін ақшалай нысандағы капитал.* **Несие кооперативі.** *Құрамына енген мүшелерін несиелендіру және олардың ақшалай қаражатын жинап, сақтау үшін құрылған ұйым* **Несие құны**. экон. *Қарызгердің несиені пайдаланғаны үшін несиегерге төлейтін сомасы.* **Несиені қамсыздандыру.** экон. а) *Борышқордың несиеге алған қаражатты уақытылы толық қайтаруына және оның тиісті пайызды төлеуіне несиегер үшін кепіл болып табылатын тауар-материалдық құндылықтар мен өндіріс шығыны.* ә) *Өмірді сақтандыру полистері не банк несиесін қамтамасыз ету кепілі ретінде берілетін акциялар түріндегі қамсыздандыру нысаны.* **Несие мөлшері**. экон. а) *Ақшалай ресурстардың валютаға сәйкес көлемі.* ә) *Белгілі бір шарттар бойынша, белгілі мерзімге берілетін қарыз көлемі.* **Несие нысандары**. экон. *Несие қоры қозғалысының нақты көріністері.* **Несие пайызы**. экон. *Несиегер (капиталдың меншіктенушісі) қарызгерден (борышқордан) белгілі бір кезең ішінде ақшалай төлемақы (ақшалай несиені пайдаланғаны үшін қойылатын баға).* **Несие рыногы**. экон. *Түрлі төлем құралдарына сұраным мен ұсыным болатын рынок.* **Несие шарты**. экон. *Несиегер мен қарызгердің арасындағы несие мөлшері мен оны беру талаптары, несиелік қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері айқындалатын шарт.*

**НЕСИЕГЕР** зат. **1.** экон. *Қарызға (несиеге, борышқа) ақшалай қаражат, тауар және басқа құндылықтар беруші жеке немесе заңды тұлға.* **2.** қаржы. *Кәсіпорын (азамат), ақшалай қаражат берешек болған жеке немесе заңды тұлға.*

**НЕСИЕГЕРЛІК** зат. *Несиегер болушылық.*

**Несиегерлік берешек**. экон. *Субъект уақытша тартқан, шарт бойынша белгіленген мерзімде қайтарылуға тиіс ақшалай қаражат.*

**НЕСИЕЛЕ=** ет. *Бір тұлғаның екінші тұлғаға қарыз түрінде ақша немесе тауар-материалдық құндылықтар беруі.*

**НЕСИЕЛЕН=** ет. *Борыштану, қарыздану.*

**Несиеленбейтін элемент.** қаржы. *Несие берілетін нысанның несиелендірілуге тиіс емес бөлігі.*

**НЕСИЕЛЕНДІР=** ет. экон. *Қарыз түрінде ақша немесе тауар-материалдық құндылықтар бергізуі, қарызға қаржыландыру.*

**НЕСИЕЛЕНДІРУ** экон. *Несиелендір етістігінің қимыл атауы.*

**Несиелендіру қағидаттары**. экон. *Несие механизмінің несиелендіру үдерісін айқындайтын негізгі ережелері.* **Несиелендіру тиімділігі**. экон. *Несиеге берілетін қаражаттың ұдайы өндіріс үдерісінде пайдаланылу нәтижесі.*

**НЕСИЕЛЕНДІРІЛ=** ет. *Қарыз түрінде ақша не тауар-материалдық құндылықтардың бергізілуі, қарызға қаржыдандырылуы.*

**НЕСИЕЛЕНДІРІЛУ** *Несиелендіріл етістігінің қимыл атауы*

**НЕСИЕЛЕНУ** *Несиелен етістігінің қимыл атауы.*

**НЕСИЕЛЕУ** экон. *Несиеле етістігінің қимыл атауы.*

**НЕСИЕЛІ** сын. *Борышты, қарызды.*

**Несиелі сөз**. *Нақтылы емес, бос сөз.*

**НЕСИЕЛІК** сын. экон. *Несиеге қатысты, соған тән, несие бойынша.*

**Несиелік ақша**. қаржы. *Несиелік билеттер, несиенің дамуы және ақшаның төлем құралы ретіндегі атқарымы негізінде пайда болған төлем құралдары (банкноттар, чектер, вексельдер).* **Несиелік билеттер**. экон. *Эмиссиялық банктер шығаратын және несиелік ақша рөлін атқаратын құн белгілері.* **Несиелік карточка.** экон. *Жеке тұлғаның есепшотындағы ақшаны банкомат қызметі арқылы пайдалануға мүмкіндік беретін, құпия жеке код арқылы ашылатын пластиктен жасалған төрт бұрышты қима.* **Несиелік қатер**. экон. *Қарызгердің несиегерге қатысты өз міндеттемелерін орындамау қатері: қарызгердің пайыз төлеуден және (немесе) несиегерге тиесілі негізгі (күрделі) борышты қайтарудан бас тартуы мүмкін екендігі.* **Несиелік шектеу**. экон. *Несие мөлшерін банктер мен мемлекеттің шектеуі немесе қысқартуы.*

**НЕСИЕШІ** зат. *Несие беруші, қарызға беруші.*

**НЕСТОРИАНШЫЛДЫҚ** зат. діни. *Несториан діні, V ғасырда Византияда пайда болған христиан дініндегі ағым.*

**НЕСІБЕ** [ар. نصبة] зат. **1.** этн. *Сыбаға, ризық, үлес.* **2.** діни. *Алланың пендесіне бұйыртқан ырыздығы, Құдайдан берілген тіршілігіндегі барлық тағдыр-талайы.* **3.** ауыс. *Молшылық, мол ішіп-жем, ырыс, асқан дәулет.* **4.** ауыс. *Тіршілік, осы дүние қызығы.*

**Несібе етті**. *Бұйырды, ризық қылды.* **Несібесіне берген**. *Маңдайына біткен.* **Несібесін жаттан тіледі.** *Өз маңдайына бұйырар ырзығын сырттан іздеді.* **Несібесін терді.** *Өз бақ-талайын, бұйырған ырысын іздеді, қармады.* **Несібесі өрледі**. *Ризығы артты, ырыздығы көбейді, дәулеті тасыды.* **Несібесі тандыр болып суалды**. *Ырыс, байлық, бірлік тайды, таусылды.* **Несібесі таусылды**. *Алладан бұйырған несібесі түгеді, ризығы бітті.* **Несібе терді**. *Өз бақ-талайын, бұйырған ырысын іздеді, қармады.*

**НЕСІБЕЛІ** сын. **1.** *Ризықты, ырысты, сыбағалы.* **2.** *Бақытты, бағы бар.*

**НЕСІБЕСІЗ** сын. *Риықсыз, сыбағасыз, ырыссыз.* **2.** ауыс. *Бақытсыз, сорлы.*

**НЕСІБЕСІЗДІК** зат. *Ризықсыздық, сыбағасыздық, ырыссыздық.*

**НЕСІП** зат. діни. **1.** *Ризық, несібе.* **2.** ауыс. *Алланың бұйырғаны, маңдайға жазғаны, жазмыш.* **3.** *Олжа.*

**Несібі артылды**. *Алланың бұйырған ырыздығы артты, Алланың рақымы түсіп, ырысы артты.* **Несібін көрді**. *Алланың жазғанына мойынсұнды, тағдырға бой ұсынды.* **Несібі шашылды**. *Берекесі кетті, ырысы талан-таражға түсті, ризығы босқа кетті.* **Несіп берді**. *Бұйыртты, ризық берді.* **Несіп болды**. *Ырыздығына берілді, бұйырды.* **Несіп етті**. а) *Өзіне азық етті, иеленіп алды.* ә) *Бұйырды, маңдайына жазды.* **Несіп кетті**. *Ырыздығы кеміді.*

**НЕТ** зат. сөйл. ***Ниет***.

**НЕТКЕН** шыл. **1.** *Таңқалуды, таңдануды білдіретін, не қылған керемет деген мағынадағы эмоциялық сөз.* **2.** *Не қылған, қандай, қай деген сұрау мағынасындағы сөз.* **3.** экспр. жағымсыз. *Кекесін мағынадағы не қылған, қайдан пайда болған деген мәнді жақтырмауды, мазақты білдіретін сөз.*

**Неткен ғажап.** экспр. *Тағаларлық керемет.*

**НЕТКЕНМЕН** шыл. сөйл. *Қалай еткенмен, қайткенде де.*

**НЕТТО** [итал. netto] зат. **1.** *Тауардың ыдыссыз таза салмағы.* **2.** экон. *Тауардың белгілі бір шегерімді шегеріп тастағаннан кейінгі бағасы, таза баға.* **3.** экон. *Таза табыс.*

**Нетто қайтарымы**. сушар. *Бөген толық шығындармен немесе брутто шығындарымен анықталатын ағындыны реттеу есептеулері.* **Нетто су өтімі**. сушар. *Каналдың, арықтың соңындағы үзілу мен буланып жоғалуынан кейінгі таза су өтімі.*

**НЕТТО-АҒЫН** зат. экон. *Халықаралық несие қатынастарында: елдің сыртқы қарызы бойынша негізгі төлемдер түрінде шетке ағылуды шегеріп тастағанда, қарыз қаражатының елге ағылып келуі.*

**НЕТТО-АКТИВ** зат. экон. *Қосымшасыз, таза актив.*

**НЕТТО-АРЕНДА** зат. экон. *Таза жалгерлік.*

**НЕТТО-БАЛАНС** зат. экон. *Таза теңгерім.*

**НЕТТО-ДИВИДЕНД** зат. экон. *Таза дивиденд.*

**НЕТТО-ПОЗИЦИЯ** зат. экон. *Таза жайғасым.*

**НЕФЕЛИН** [грек. nephele] зат. геол. *Алюминийдің шикізаты болып табылатын негізгі қаңқа силикаттары тобының бір тармағына жататын минерал.*

**НЕФЕЛИНДЕН=** ет. геол. *Ультранегізді таужыныстардың (негізінен пироксениттердің) метасоматоздық өзгеруінен нефелин-пироксенді таужыныстың пайда болуы.*

**НЕФЕДИНДЕНУ** *Нефелинден етістігінің қимыл атауы.*

**НЕФЕЛИНДІ** сын. геол. *Нефелиннен тұратын, нефелині бар.*

**Нефелинді сиенит**. геол. *Түсі – сұр, ашық сұр, кейде жасылдау, қызғылттау, бітімі – бедерлі, жолақты, шомбал, құрылымы – әркелкі орта, ірі түйірлі, нефелиннен және т.б. тұратын интузиялық таужыныс.*

**НЕФЕЛОМЕТР** [грек. nephele – бұлт, metron – өлшеймін] зат. хим. *Нефелометрлік талдау жүргізу үшін, сұйықтықтың тұнықтығын, лайлығын өлшеу үшін қолданылатын аспап.*

**НЕФЕЛОМЕТРИЯ** зат. кен. *Жарықтың жайылу қарқындылығын өлшеу арқылы ортаның лайлығын анықтауға негізделген сандық талдау әдісі.*

**НЕФЕЛОМЕТРЛІК** сын. *Нефелометрге тән, соған қатысты.*

**Нефелометрлік талдау.** хим. *Зерттелетін заттың жүзгіндерінен шашырап таралған жарық қарқындылығын өлшеуге негізделген сандық талдау әдісі.*

**НЕФЕЛОМЕТРЛЕ=** ет. хим. *Жарықтың жайылу қарқынын өлшеу арқылы ортаның лайлығын анықтау.*

**НЕФЕЛОМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Жарықтың жайылу қарқындылығын өлшеу арқылы ортаның лайлығын анықтауға негізделген сандық талдау әдісі.*

**НЕФЕЛОМЕТРЛЕУ** *Нефлометрле етістігінің қимыл атауы.*

**НЕФЕЛОМЕТРЛІК** сын. хим. *Нефелометрге қатысты, соған тән.*

**НЕФРИДИЯЛАР** [грек. nephros] зат. зоол. *Жануарлар ағзасының зәр шығаратын мүшесі.*

**НЕФРИТ**[1] зат. геол. **1.** *Кішігірім, ұсақ көркем бұйымдарды безендіру үшін қолданылатын көкшіл түсті бағалы тас.* **2.** *Амфиболдар тобының минералдары: актинолит пен тремолиттің жасырын кристалды түрі.*

**НЕФРИТ**[2] зат. мед. *Суық тигеннен ісініп, қабынған бүйрек ауруы.*

**НЕФРОЛИТИА** зат. мед. *Бүйректе тастардың немесе құмның пайда болуынан болатын ауру*

**НЕФРОЛОГИЯ** [грек. nephros – бүйрек, logos – ілім] зат. мед. *Бүйрек ауруларын зерттейтін медицина саласы.*

**НЕФРОН** [грек. nephros] зат. анат. *Бүйректің құрылымдық және қызметтік бірлігі – бүйрек түтікшесі.*

**НЕФРОПТОЗ** [грек. nephros – бүйрек, ptosis– төмендеуі] зат. мед. *Бүйректің өз орнынан түсіп кетуі.*

**НЕШЕ** есім. *Заттың сан мөлшерін білу үшін жұмсалатын сұрау есімдігі.*

**Неше алуан.** *Сан түрлі, алуан-алуан, көп.* **Неше атасы**. экспр. *Неше түрі, небір түрі, ең бір ерекшелері.* **Неше дүркін**. *Қаншама рет, бірталай мәрте.* **Неше жолай.** жерг. *Бірнеше рет.* **Неше замат.** *Әлденеше, талай рет; көп уақыт.* **Неше кәрре.** жерг. *Бірнеше рет.* **Неше тарау жұрт.** *Әр алуан топтан тұратын әлеумет.* **Неше түрлі [қилы].** а) *Әртүрлі, сан түрлі, түрлі-түрлі.* ә) жағымсыз. *Қай-қайдағы.* // *Қилы-қилы, небір-небір, бір-біріне ұқсамайтын кез, кезең, оқиға т.б.*

**НЕШЕДЕ** есім. сөйл. *Жасы қаншада деген мағынадағы сұрау сөз.*

**НЕШЕЛЕР** есім. сөйл. жерг. *Неше түрлі.*

**НЕШЕМЕ** есім. *Талай-талай, қаншама, небір-небір, сан алуан.*

**Нешеме алуан**. *Қанша түрлі, сан алуан.*

**НЕШЕУ** есім. *Саны жағынан қаншама, қанша.*

**НЕШІК**[1] есім. **1.** *Қайтіп, қалай.* **2.** *Қандай.* **3.** *Не себепті, неге.* **4.** *Не шара, не.*

**НЕШІК**[2] сын. ескі. *Әртүрлі.*

**НЕШІНШІ** есім. *Реті, саны бойынша қаншасыншы.*

**НИАЦИН** зат. хим. *Құрамына никотин қышқылының туындылары кіретін химиялық қосылыстар.*

**НИВАЛЬДІК** [лат. nivalis] сын. геогр. *Қарлы, суық.*

**Нивальдік белдеу**. *Таудың қар сызығынан жоғары орналасқан көпжылдық мұзды-қарлы белдеуі.* **Нивальдік климат**. геол. *Геоморфологиялық жіктемде жоғары ендіктің не биік таулы өңірлердің ауа райы.*

**НИВЕЛИР** [франц. niveler] зат. тех. *Жер бетіндегі нүктелердің бір-бірінен биіктік айырмасын өлшеу үшін қолданылатын геодезиялық аспап.*

**НИВЕЛИРЛЕ=** ет. геогр. *Бастапқы нүктемен (нөлдік биіктікпен) немесе теңіз деңгейінен алғандағы тұрақты белгімен салыстыра отырып, жер бетіндегі нүктелердің биіктігін анықтау.*

**НИВЕЛИРЛЕУ** *Нивелирле етістігінің қимыл атауы.*

**НИВЕЛИРЛІК** сын. тех. *Нивелирге қатысты, нивелирге тән.*

**Нивелирлік биіктік**. геогр. *Жер беті нүктесінің нивелирлеу әдісімен анықталатын биіктігі.*

**НИГАР** сын. ескікіт. *Әдемі, сұлу.*

**НИГИЛИЗМ** [лат. nihil] зат. филос. *Эстетиканың, этиканың т.б. барлық қағидаларын ешбір мойындамай, түгелдей жоққа шығару.*

**НИГИЛИСТ** зат. филос. *Нигилизмнің жөн-жобасын жақтаушы, қолдаушы.*

**НИГИЛИСТІК** сын. филос. *Нигилизмді жақтаушыларға тән, соларға қатысты.*

**НИГРОЗИНДЕР** зат. хим. *Азиндермен конденсацияланған феноксазин туындылары.*

**НИҒМАТ** зат. ескікіт. ***Нығмет***.

**НИҒМАТЛЫ** сын. ескікіт. ***Нығметті, несібелі***.

**НИҒМӘТ** зат. ескікіт. ***Нығмет***.

**НИҒМЕТ** зат. ескікіт. ***Нығмет*** *(береке, рақат, бақыт).*

**НИДА** ар. зат. ескікіт. **1.** *Жар, дауыс, айғай.* **2.** *Үндеу, ұран.* **3.** *Жалбарыну.*

**НИДАМАТ** [ар. واندامة] зат. ескікіт. *Өкініш, қайғы.*

**НИДАШЫ** ар. зат. ескікіт. *Жар шақырушы.*

**НИДӘ** зат. ескікіт. *Айқай, шу; шақыру.*

**НИДМАТ** [ар. واندامة] = ет. ескікіт. *Өкіну.*

**НИЕТ** [ар. نية] зат. **1.** *Бір нәрсеге, бір іске, біреуге пейіл, ықылас білдіруде алдын ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек.* **2.** *Көңіл, пейіл, ықылас.* **3.** филос. *Қазақ ұлттық дүниетанымында адам әрекетінің нақтылы мақсатын, мазмұнын бейнелейтін қозғаушы күш.* **4.** діни. *Адамның ойға алған ғибадаты мен атқарар ісі алдында негізгі мақсатын белгілеуі.*

**Ниет білдірді**. а) *Емеурін танытты, оңтайланды, ұсыныс жасады.* ә) діни. *Аллаға ғибадатын іштей белгіледі.* **Ниет білдіруші.** кіт. *Ниеттенуші, ойы бар.* **Ниет етті [қылды].** а) *Көңілін, ықыласын аңғартты, танытты.* ә) діни. *Алла алдындағы ғибадатын, парызын өтеуді алдына мақсат қылып қойды, соған іштей дайындық істеді, ынта білдірді.* **Ниет ету**. діни. *Алла алдындағы парызын, оған деген ғибадат-құлшылығын өтеуге дітін білдіру, іштей соған дайындалу, жүректен өткізіп, ауызбен бекіту.* **Ниет [ниетің] қабыл болсын**. діни. тілек. *Ойға алған іс, ықылас орындалсын.* **Ниет тарылды**. *Жақсы пиғыл, ізгі амал-тілектен айырылды, іштарлық етті.* **Ниеті ақ [жақсы, адал, түзу, дұрыс].** *Көңілі, ықыласы адал, ойы таза, діті түзу.* **Ниеті ауды**. а) *Ойы кетті, көңілі кетті.* ә) *Ықыласы түсті.* **Ниеті бұзылды**. а) *Азғындады, жаман жолға түсуге барды, жамандық әрекетке барды.* ә) діни. *Күнә әрекет жасауды ойға алды, Алланы ұмытты.* **Ниеті жаман [қара].** *Көңілі бұзық, ықыласы*

*теріс, арам ойлы.* **Ниеті жолдас болды**. жерг. *Ниеті қабыл болды, ойлағаны болды.* **Ниеті қазат.** *Ниеті түзу, адал.* **Ниеті кепті.** жерг. *Ниеті бұзылды, ниеті құрыды.* **Ниетіңе жет!** алғыс. *Ойың, ниет-ықылас қойғаның, көңіліңе алғаның орнына келсін деген мағынадағы алғыс сөз.* **Ниетің қабыл болсын!** алғыс. *Ойың, ниет, ықылас қойғаның, көңіліңе алғаның орнына келсін деген мағынада.* **Ниеті түзу.** *Көңілі, ойы, ықыласы адал.*

**НИЕТ-ҚҰЛЫҚ** зат. *Діттеген ой мен ынта-ықылас.*

**НИЕТ-МАҚСАТ** зат. *Белгілі бір нәрсе жайында ой-арман, мүдделік тілек.*

**НИЕТСІЗ** сын. *Дітсіз, алдын ала ойлаған мақсатсыз, пиғылсыз.*

**НИЕТТЕН=** ет. *Ықылас-ынтасын салу, пейіл білдіру, мақсат қою.*

**НИЕТТЕНДІР=** ет. *Мақсат еткізу, көңілін аудару.*

**НИЕТТЕНДІРУ** *Ниеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**НИЕТТЕНУ** *Ниеттен етістігінің қимыл атауы.*

**НИЕТТЕС** сын. *Ықыласы, пейілі ортақ, мақсаттас, тілеулес.*

**Ниеттес болды**. *Тілеуін тіледі, шын көңілімен тілеулестік жасады.*

**НИЕТТЕСТІК** зат. *Ықылас, пейілі бір болушылық.*

**НИЕТТІ** сын. **1.** *Пиғылды, мақсатты, пікірлі.* **2.** жағымды. *Ынтасы зор, ықыласы мол, діті таза.*

**НИЕТТІК** зат. сөйл. ***Ниеттілік.***

**НИЕТТІЛІК** зат. *Пейілділік, мақсаттылық.*

**НИЕТ-ПИҒЫЛ** зат. *Ниет және пиғыл.*

**НИЕТ-ФИҒЛЫ** зат. ескікіт. ***Ниет-пиғыл.***

**НИЗАМ** [ар. نظام] зат. ескікіт. **1.** *Заң, ереже, қағида.* **2.** *Жүйе, тәртіп, жүйелілік.* **3.** *Жөн, жосық, құрылыс.* **4.** діни. *Діни заңдар.*

**Низам аяқ асты болды**. *Заң бұзылды, заң орындалмады.* **Низам шығарды**. *Заң жүйесін жасады, заң әзірледі, қабылдап, енгізді.* **Низам шықты**. *Заң қабылданды, заң енгізілді.*

**НИЗАМИ** [ар. نظامی] сын. көне. **1.** *Заңи, заңды, рұқсат етілген.* **2.** діни. *Шариғат талаптарына сай, дінмен рұқсат етілген.*

**НИЗАМНАМА** зат. көне. *Заң ұғымында қолданылатын ереже жинағы; устав.*

**НИЗАҒ** ар. зат. ескікіт. *Талас, егес, айтыс, дау, күрес.*

**НИЗИН** зат. биол. *Құрамында мизин, гистидин, промин т.б. амин қышқылдары бар сүтқышқылы бактериялары түзетін зат.*

**НИК** сын. ескікіт. *Жақсы.*

**НИКАР** сын. ескікіт. ***Никәр*** *(әдемі, сұлу).*

**НИКАХЛА=** ет. этн. *Некеге тұру.*

**НИКАХЛАУ** *Никахла етістігінің қимыл атауы.*

**НИКӘР** сын. ескікіт. *Әдемі, сұлу.*

**НИКЕЛЬ** [лат. niccolum] зат. хим. *Күміс түстес ақшыл, қатты, тотықпайтын, коррозияға ұшырамайтын металл, рет нөмірі 28 химиялық элемент.*

**НИКЕЛЬДЕ=** ет. хим. *Бір нәрсенің бетіне никель жалату, никельмен қаптау.*

**НИКЕЛЬДЕУ** хим. *Никельде етістігінің қимыл атауы.*

**НИКЕЛЬДІ** сын. тех. *Никель жалатқан, никельмен қаптаған.*

**НИКОТИН** [франц. nicotine] зат. хим. *Сезімге әсер ететін, елітетін, әсіресе, темекі құрамында көп болатын өткір иісті улы зат.*

**НИҚАБ** ар. зат. ескікіт. *Бетперде, жапқыш.*

**НИҚАЯТСЫЗ** сын. жерг. *Есепсіз, өлшемсіз.*

**НИЛАС** зат. геогр. *Тұтас, жартылай мөлдір, майысқан, қарапайым мұз қабаты.*

**НИЛЬСБОРИЙ** [лат. nielsborium] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы жасанды жолмен алынған химиялық элемент.*

**НИМА: нима болды.** сөйл. *Немене болды.*

**НИМФА** [грек. nymphe] зат. зоол. *Кенелердің және шала түрленіп дамитын жәндіктердің дамуындағы соңғы сатысы.*

**НИМФОМАНИЯ** зат. биол. *Жыныс бездерінің ұдайы қозуының салдарынан ұрғашы малдың қайта-қайта күйлей беруі.*

**НИМША** зат. жерг. *Жеңсіз көйлек.*

**НИОБАТТАР** зат. хим. *Ниобий және ортониобий қышқылдарының тұздары, кристалдық заттар.*

**НИОБИЙ** зат. хим. *Ашық сұр түсті қиын балқитын металл, қатты химиялық элемент.*

**Ниобий кентастары**. кен. *Құрамынан ниобий металы бөліп алынатын табиғи-минералды шикізат.*

**НИПАС** зат. сөйл. ***Нифас***.

**НИСА** ар. зат. ескі кіт. *Әйел кісі*

**НИСАП** зат. діни. *Шариғат бойынша зекет, құрбан шалу, пітір беруді парыз, уәжіп ететін дүние-мүлік мөлшері.*

**НИСБАТ** ар. зат. ескі кіт. *Қатынас, байланыс.*

**НИСТАТИН** [лат. streptomyces noursei] зат. биол. *Көптеген ауру қоздырғыш бактерияларға, қарапайымдыларға жойқын әсер ететін актиномицеттен коректік ортада өсіріп алынатын антибиотик.*

**НИТРАГИН** зат. *Бұршақ дақылдарына арналып, түйнек бактерияларынан дайындалатын тыңайтқыш.*

**НИТРАТ** зат. хим. *Азот қышқылы тұздарының жалпы атауы.*

**НИТРАТТАР** зат. хим. *Химиялық қосылыстар, құрамына атомдық $NO_3$ топтамасы кіретін азот қышқылының туындылары.*

**НИТРАТТЫ** сын. хим. *Нитраты бар, нитрат көп қосылған.*

**Нитратты тыңайтқыштар**. ауылшар. *Құрамында азот нитратты түрде кездесетін азотты тыңайтқыштар.*

**НИТРИДТЕР** зат. хим. *Азоттың өзінен электртерістігі аздау элементтермен қосылысы, кристалдық заттар.*

**НИТРИЛ** зат. хим. *Химиялық қосылыста бір валентті атом орнына жүретін бір валентті радикал.*

**НИТРИФИКАЦИЯ** зат. хим. *Табиғи жағдайында азот қышқылының түзілу үдерісі.*

**НИТРИФИКАЦИЯЛА=** ет. хим. *Табиғи ортада азот қышқылын түзу.*

**НИТРИФИКАЦИЯЛАУ** *Нитрификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**НИТРИФИКАЦИЯЛАУШЫ** сын. хим. *Табиғи ортада азот қышқылын, азот түзуші.*

**Нитрификациялаушы бактериялар**. биол. *Азот қосылыстарын анаэробты немесе аэробты жағдайда ыдыратқанда ортаға аммиак түріндегі азот түзетін бактериялар.*

**НИТРЛЕ=** ет. хим. *Органикалық қосылыстарға нитротопты енгізу.*

**НИТРЛЕУ** *Нитрле етістігінің қимыл атауы.*

**НИТРОАММОФОС** зат. хим. *Фосфор және азот қышқылдарының қоспасын аммиакпен бейтараптағанда алынатын азот-фосфор тыңайтқышы.*

**НИТРОАММОФОСКА** зат. хим. *Экстракциялық фосфор қышқылын бейтараптап, оған аммоний нитратының концентрациялы ерітіндісі мен кристалдық калий хлоридін қосқанда алынатын азотты-фосфорлы-калийлі тыңайтқыш.*

**НИТРОБЕНЗОЛ** зат. хим. *Анилин өндірісінде, металдардың бетін тегістейтін құрамдардың құрауышы, еріткіш т.б. ретінде қолданылатын жасыл сары сұйықтық; ароматты нитроқосылыс.*

**НИТРОБОЯҒЫШТАР** зат. хим. *Окси немесе аминотопқа сай алғанда орто- немесе пара- орында тұратын екі не үш нитротобы бар хош иісті қосылыстар.*

**НИТРОБОЯУЛАР** зат. хим. *Жұқа қабықша түзе алатын лакты коллоксилин негізінде алынатын бояулар.*

**НИТРОГЛИЦЕРИН** зат. **1.** мед. *Жүрек ауруына қарсы қолданылатын дәрі.* **2.** әск. *7,8 м/сек жылдамдықпен тұтанатын маңызды жарылғыш заттардың бірі.*

**НИТРОЗА** зат. хим. *Құрамында азот оксидтері бос түрінде де, химиялық қосылыс түрінде де жүретін, техникада тотықтырғыш ретінде қолданылатын, азот оксидтерінің қою күкірт қышқылындағы ерітіндісі, күрделі қоспа.*

**НИТРОЗАЛА=** ет. хим. *Органикалық қосылыстарға нитрозотопты енгізу.*

**НИТРОЗАЛАУ** *Нитрозала етістігінің қимыл атауы.*

**НИТРОЗАМИНДЕР** зат. хим. ***Диазотаттар.***

**НИТРОЗБОЯҒЫШТАР** зат. хим. *Гидроксил тобында орта- немесе пара-орында орналасқан нитрозтобы бар ароматты қосылыстар.*

**НИТРОЗИЛ** зат. хим. *Бір валентті радикал.*

**НИТРОЗҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Көміртек атомымен байланысқан бір немесе екі нитроз тобы бар органикалық қосылыстар.*

**НИТРОЗТОП** зат. хим. *Құрылысы -N = O болып келген атомдар топтамасы.*

**НИТРОҚОСПА** зат. хим. *Нитрлеуге қолданылатын азот және күкірт қышқылдарының қоспасы.*

**НИТРОҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Құрамында нитротобы бар органикалық қосылыстар.*

**НИТРОЛАКТАР** зат. хим. *Нитроцеллюлозалы лактар.*

**НИТРОМЕТАН** зат. хим. *Ароматты көмірсутектердің экстрагенті, ракета отыны ретінде қолданылатын метанның нитротуындысы; майлардың еріткіші.*

**НИТРОН** зат. хим. **1.** *Көмірден, мұнайдан, әктастан алынатын жасанды талшық.* **2.** *Нитрон талшығынан жасалған мата.*

**НИТРОНДАР** зат. хим. *Құрамында = C = N(R)O атомдар топтамасы болатын химиялық қосылыстар.*

**НИТРОНИЙ** зат. хим. *Нитроил катионы, сусыз таза азот қышқылы немесе оның судағы қою ерітіндісі электролиток диссоциацияланғанда түзілетін оң зарядты ион.*

**НИТРООЛЕУМ** зат. хим. *Концентрациялы азот қышқылындағы азот диоксидінің ерітіндісі.*

**НИТРОТОЛУОЛДАР** зат. хим. *Органикалық синтезде, бояғыштар т.б. өндіруде қолданылатын толуолды нитрлеу өнімдері.*

**НИТРОТОП** зат. хим. *Брутто-формуласы $-NO_2$ болып келетін атомдар топтамасы; бір валентті радикал.*

**НИТРОФЕНОЛДАР** зат. хим. *Қышқылдық-негіздік индикаторлар, фунгицидтер т.б. ретінде қолданылатын, $O_2NC_6H_4OH$-фенолды нитрлеуден алынатын өнімдер.*

**НИТРОФИЛДЕР** зат. биол. *Нитраттар құрамының жоғары деңгейде болатын топырақ пен су ортасына бейімделіп тіршілік жасайтын ұсақ жануарлар.*

**НИТРОФИТТЕР** зат. ботан. *Нитраттар құрамы жоғары болатын топыраққа бейімделген өсімдіктер түрі.*

**НИТРОФОС** зат. хим. *Табиғи фосфаттарды азот қышқылымен ыдырату арқылы алынатын азотты-фосфорлы тыңайтқыш.*

**НИТРОФОСКА** зат. хим. *Табиғи фосфаттарды азот қышқылымен өңдеп, оған калий нитратын қосқанда алынатын азотты-фосфорлы-калийлі тыңайтқыш; құрамында өсімдіктерге қажет үш бірдей элемент: азот, фосфор және калий бар өте бағалы тыңайтқыш.*

**НИТРОЦЕЛЛЮЛОЗА** зат. хим. *Целлюлоза нитраттары.*

**НИТРОЦИКЛОГЕКСАН** зат. хим. *$C_6H_4NO_2$ циклогексанның нитротуындысы; капролактам өндіруге қажет шикізат.*

**НИТРОЭМАЛЬДАР** зат. хим. *Нитроцеллюлозалық лактар негізінде жасалған эмальдар.*

**НИТРОЭФИРЛЕР** зат. хим. *Азот қышқылының эфирлері.*

**НИФАС** [ар. نفاس] зат. діни. *Ораза тұту, намаз оқу сияқты т.б. ғибраттар жасау харам болып саналатын әйел адамның босанғаннан кейінгі кезеңдегі етеккірі.*

**НИХРОМ** зат. кен. *Құрамында никель (65-80%) және хром (15-30%), кремний, алюминий т.б. элементтер болатын, ыстыққа төзімді, меншікті кедергісі жоғары құйма.*

**НИҺАЯТ**[1] [ар. نهاية] зат. ескі кіт. **1.** *Шек, шекара.* **2.** *Шама, мөлшер.* **3.** *Соңында, ақырында.*

**НИҺАЯТ**[2] [ар. نهاية] ар. зат. ескі кіт. *Ұқыпсыздық, қателік, қапы қал.*

**НИҺАЯТЛЫ** сын. ескі кіт. *Ниһаятты, шамалы, шағын.*

**НИҺАЯТСЫЗ** сын. ескі кіт. *Өлшеусіз, шексіз.*

**НИҺАЯТТЫ** сын. *Ниһаяты бар, шамалы.*

**НИШТАР** зат. ескікіт. *Ланцет; скальпель; хирургиялық пышақ.*

**НИЯЗ** [ар. نياز] зат. діни. ескі кіт. **1.** *Құдай жолына берілетін қайыр-садақа, қолқайыр.* **2.** *Садақа ас, нәзір.*

**Нияз айтты [етті].** *Құдайға құлшылық етіп, садақа берді.* **Нияз берді**. *Садақа берді, қайыр берді.*

**НИЯЗЫ** зат. жерг. этн. *Сұрап келіп қолқалап алатын қосымша нәрсе.*

**НОБАЙ** зат. **1.** *Бір нәрсенің мөлшермен алғандағы жалпы көлемі, жобасы, сұлбасы.* **2.** жерг. *Мінезі, құлқы, пішіні.* **3.** өнер. <франц. esquisse> *Көркемсурет туындыларының, құрылыстардың, механизмдердің тұтас немесе жеке бөліктерінің алдын ала жасалған жоба суреті.*

**Нобайы келмеген**. *Жөн-жобасы келіспеген, сиықсыз.* **Нобайын салды**. *Ұзын-ырғасын келтірді, жобасын қалады.* **Нобайы түзу**. *Жарамды, жөн-жобасы келіскен.*

**НОБАЙЫМЕН** үст. жерг. *Түгелімен, барлығы.*

**НОБАЙ-НОҚАЙ** сын. *Жоба-долбарлы, болжалды.*

**НОБАЙЛА=** ет. *Бір нәрсені жобалау, долбарлау.*

**НОБАЙЛАН=** ет. *Жобалану, долбарлану.*

**НОБАЙЛАНУ** *Нобайлан етістігінің қимыл атауы.*

**НОБАЙЛАТ=** ет. *Жобалату, долбарлату.*

**НОБАЙЛАТУ** *Нобайлат етістігінің қимыл атауы.*

**НОБАЙЛАУ** *Нобайлау етістігінің қимыл атауы.*

**НОБАЙЛЫҚ** сын. *Болжалды, жобаланған.*

**Нобайлық жарылыс.** кен. *Оқтамдау және оқтамдарды жару көмкерме шпурларда (ұңғымаларда) жүргізілетін әдіс.*

**НОБЕЛИЙ** [лат. nobelium] зат. хим. *Актиноидтар қатарындағы жасанды радиоактивті химиялық элемент, рет нөмірі 102.*

**НОВАТОР** [лат. novator] зат. *Қайсыбір қызмет саласына жаңа, ілгерішіл идеялар, тәсілдер енгізуші адам.*

**НОВАЦИЯ** [лат. novatio] зат. **1.** *Тараптардың ескі міндеттемені жаңа міндеттемемен ауыстыруға келісуі.* **2.** экон. *Биржада сатушылар мен сатып алушыларды ауыстыру.*

**НОВАРСЕНОЛ** зат. хим. *Құрамында 19-20 пайыз күшәла бар, суда ерігіш сары ұнтақ зат.*

**НОВЕЛЛА** [итал. novella] зат. әдеб. *Қара сөзбен баяндалған шағын көлемді прозалық шығарма.*

**НОВЕЛЛАЛЫҚ** сын. әдеб. *Новеллаға тән, новеллаға қатысты.*

**Новеллалық ертегілер.** фольк. *Кейіпкерлері қоғамның әлеуметтік тап өкілдері болып келетін, сюжетіне қарапайым, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі оқиға негіз болатын, шындық өмірге біршама жақын тұрмыс-салт ертегілері.*

**НОВЕЛЛИСТ** зат. әдеб. *Новелла жазушы.*

**НОВОКАИН** зат. **1.** мед. *Ауруды бәсеңдететін қасиеті бар дәрі.* **2.** хим. *п-аминобензой қышқылының диэтиламино- этил эфирінің гидрохлориді.*

**НОҒАЙ** зат. **1.** *Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа жақын, қазіргі кезде Ресей Федерациясының негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағыстанда тұратын түркі тектес халық, сол халықтың өкілі.* **2.** *Қазақ халқына жақын, тілі қыпшақ тілдер тобына жататын түркі тектес рулардан тұратын ірі тайпалық одақ құрған халық.* **3.** сөйл. *Татар.*

**Ноғай бесік.** этн. *Аспа бесік.* **Ноғай бөрік**. этн. *Ноғай руына тән ерекшеліктермен, үлгімен тігілген бөрік.* **Ноғай жұрты**. *Ноғай елі, ноғай халқы, адамдары.* **Ноғай қотыр**. *Теміреткінің түрі.* **Ноғай үй.** этн. *Шаңыраққа уықтың өзін шаншитын керегесіз үй.*

**НОҒАЙЛЫ** зат. тар. *Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған Ноғай Ордасының негізін қалаған түркі-моңғол тайпаларының ортақ атауы.*

**НОҒАЙША** үст. **1.** *Ноғай тілінде.* **2.** *Ноғай үлгісімен.*

**НОҒАЙШАЛА=** ет. **1.** *Ноғайша сөйлеу.* **2.** *Ноғай үлгісімен тігу.*

**НОҒАЙШАЛАУ** сын. *Ноғай үлгісіне жақын.*

**НОҒАЛА** зат. **1.** мед. <лат. leucoma> *Көздің қарашығын ақ шел қаптайтын ауру, көздің қасаң қабығының ақшыл-сарғылт болып қарауытуы.* **2.** вет. *Құлынның, бұзаудың көзіне шығатын жара.*

**НОҒАТЫҚ** зат. *Бұршақ тұқымдас біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**НОЗОГРАФИЯ** зат. мед. *Аурулардың сипаттамасы.*

**НОЙЫС** сын. *Дойыр мінезді, дөкір, дөрекі. // Дойыр мінезді, дөкір адам.*

**НОЙЫСТАН=** ет. *Дойырлану, дөкірлену.*

**НОЙЫСТАНУ** *Нойыстан етістігінің қимыл атауы.*

**НОЙЫСТАУ** сын. *Дойырлау, дөрекілеу.*

**НОЙЫСТЫҚ** зат. *Дойырлық, дөкірлік, дөрекілік.*

**НОКАУТ** [ағыл. knockout] зат. спорт. *Боксшының алған соққы салдарынан 8 секундтан көп уақытқа есінен танып, бағдарынан айырылып қалған күйі.*

**Нокаут алған боксшы.** спорт. *Рефериоңға дейін санап, «аут» командасын берген шақта дайын қалпына келе алмаған, күшті соққы алған соң жекпе-жекті әрі қарай жалғастыру қабілетінен айырылған спортшы.*

**НОКДАУН** [ағыл. knockdown] зат. спорт. *Боксшының алған соққы салдарынан ұрысты 8 секундтан кем уақытқа жалғастыра алмай қалған күйі.*

**НОКТЮРН** [франц. nocturne] зат. муз. *Адамның көңіл-күйін бейнелейтін (көбінесе үрмелі аспапқа арналып жазылған) шағын музыкалық лирикалық шығарма.*

**НОҚ: ала мойын ноқ.** зоол. *Қаршыға тектес қыран құс.*

**НОҚА** зат. жерг. *Оқа, зер.*

**НОҚАЛЫ** сын. жерг. *Оқалы, зерлі.*

**НОҚАЙ** сын. **1.** *Түк білмейтін топас, надан, түлей.* **2.** *Іске икемсіз, олақ.*

**НОҚАЙЛАН=** ет. *Түк білмеу, топастану, надандану, түлейлену.*

**НОҚАЙЛАНУ** *Ноқайлан етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚАЙЛАУ** сын. **1.** *Топастау, надандау.* **2.** *Ебедейсіздеу, іске икемсіздеу.*

**НОҚАЙЛЫҚ** зат. *Түкке түсінбеушілік, білместік, топастық, надандық.*

**НОҚАЛА=** ет. жерг. *Оқалау, зерлеу.*

**НОҚАЛАУ** *Ноқала етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚАТ**[1] [ар. نقط] зат. **1.** *Кішкентай ғана дақ, қарайған нәрсе, нүкте.* **2.** сөйл. ***Нүкте*** *(ойдың аяқталғандығын білдіру үшін сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі).*

**НОҚАТ**[2] өс. <лат. cicer> зат. **1.** *Бұршақ тұқымдас мәдени дақыл, бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.* **2.** ауыс. *Бұршақ сияқты кішкентай түйнек.*

**НОҚАТТЫҚ** сын. *Ноқаттардан тұратын, ұсақ нүктелі.*

**Ноқаттық құрылым**. геол. *Коллоидті немесе кристалды затпен керіштелген ноқат пішінді агрегаттардан тұратын құрлым.*

**НОҚТА** зат. **1.** этн. *Ауыздығы жоқ жүген тәрізді, мал басына кигізілетін ер-тұрман әбзелі.* **2.** ауыс. *Тыйым, кедергі.*

**Ноқта ағасы**. этн. *Көштің басында жүретін (тұңғыш ұл) бастаушы.* **Ноқта киді**. *Ықтиярсыздыққа түсті, еркінен айырылды.* **Ноқтаға бас сұқты**. *Біреуге кіріптар болды, еркіндігінен*

*айырылды.* **Ноқтаға басы керілді**. *Жуасыды, арын-алқыны басылды.* **Ноқтаға басы сыймады**. *Біреудің еркіне бағынбады, бодауға көндікпеді, еркіндігін сақтады.* **Ноқтаға көнді**. *Жуасыды, мойынсұнды.***Ноқтаға түсті.** *Ұсталды, тұтылды, біреуге тәуелді болды, бостандығынан айырылды.* **Ноқтадан басын алды**. *Біреудің, бір нәрсенің жетегінде кетпеді, өз ойымен жүрді, біреуге бағынбады.* **Ноқтадан басын алмады**. *Біреудің билігіне көнді, мойынсұнды, өз дегенімен жүрмеді, өз ойы, пікірі болмады.* **Ноқта киді**. *Бодауға түсті, бас еркінен айырылды.* **Ноқта кимеген [тимеген]**. а) *Басына жүген, құрық ілмеген, асау.* ә) *Біреуге айттырылмаған (қыз бала).* **Ноқта қылып киді**. *Өзіне жаманат жапсырып алды.* **Ноқта салды**. *Еркіне бағындырды, ырқына көндірді, тежеп ұстады.* **Ноқта түсті**. *Басы байланды, кіріптар болды.* **Ноқта үзіп кетті**. *Өз еркіне кетті, біреудің қамқорлық, қарауынан ажырады.*

**НОҚТА-ЖҮГЕН** зат. этн. *Ноқта мен жүген сияқты ауыздықсыз ер-тұрман, әбзел.*

**НОҚТА-ЖІП** зат. этн. *Ноқта, арқан сияқты ер-тұрман әбзелдері.*

**НОҚТАЛА=** ет. **1.** *Малдың басына ноқта кигізу.* **2.** *Байлап ұстау, жетектеу, тұзаққа түсіру.* **3.** ауыс. *Бағындыру, ығына көндіру, басыбайлы ету, бодауына алу.* **4.** ауыс. *Тежеп ұстау, тыйым салу, еркіне жібермеу.*

**НОҚТАЛАН=** ет. **1.** *Малдың ноқтамен байлануы.* **2.** ауыс. *Екіқабат әйелдің бетіне қоңырқошқылданып көлденең дақ түсу.*

**НОҚТАЛАНУ** *Ноқталан етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚТАЛАС=** ет. *Ноқтамен байласу.*

**НОҚТАЛАСУ** *Ноқталас етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚТАЛАТ=** ет. *Ноқтамен байлату.*

**НОҚТАЛАТУ** *Ноқталат етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚТАЛАУ** *Ноқтала етістігінің қимыл атауы.*

**НОҚТАЛЫ** сын. *Басында ноқтасы бар, басына ноқта кигізілген.*

**Ноқталы бас**. *Басы бос емес, өз еркінен айырылған.* **Ноқталы басқа бір өлім**. *Тағдыр байлауындағы жанға бір қаза, бірақ әзірге тәуекел деген мағынада.*

**НОҚТАСЫЗ** сын. **1.** *Басында ноқтасы жоқ, жүгенделмеген.* **2.** ауыс. *Еркін, ешбір кедергісіз.*

**НОЛЬ** зат. матем. ***Нөл*** *(жоқтық шаманы білдіретін сандық белгі).*

**НОЛЬДІК** сын. матем. ***Нөлдік*** *(нөльмен белгіленген, нөлге тән).*

**НОН** зат. *Араб алфавитіндегі «н» дыбысының айтылуы.*

**НОМАДИЗМ** [грек. nomades] зат. әлеум. **1.** *Ұлттық шекаралардың жайылуы, капиталдың жөнсіз «құйылуымен» және диаспоралар белсенділігімен ерекшеленетін өндіріс үдерістерінің қарқынды интернационализациясы кезінде қоғамтанудағы аса танымал болған ұғым.* **2.** биол. *Тұрғылықты жерін немесе айналысатын жерін жиі ауыстыру.*

**НОМАДТАР** [грек. nomas – бөліну, nomadas – көшіп-қонушы] зат. тар. *Шаруашылық қызметі мен оған байланысты тұрмыс салтының ерекше үлгісінде өмір сүретін әлеуметтік топтың өкілдері.*

**НОМАДТЫҚ** сын. *Ескі көшпелі.*

**НОМАЙ**[1] үст. жерг. *Үнемі.*

**НОМАЙ**[2] үст. жерг. *Түгел, барлығы.*

**НОМЕНКЛАТУРА** зат. **1.** *Өндірісте пайдаланылатын материалдың, құрастырымдардың, бөлшектердің жүйеге келтірілген тізбесі.* **2.** *Атаулардың тізбесі, мыс., шоттардың, тауарлардың номенклатурасы.* **3.** *Кәсіпорынның, ұйымның ұйымдық құрылымына сәйкес лауазымдарының тізбесі.*

**НОМЕР** зат. кіт. ***Нөмір***.

**НОМИНАЛ** [лат. nominalis] зат. экон. **1.** *Акцияларда, облигацияларда, қағаз ақша мен мәнеттерде таңбаланған көрсетулі құн.* **2.** *Тауардың бағалықта не тауардың өзінде көрсетілген атаулы бағасы.*

**Номинал бойынша облигация.** экон. *Атаулы құны бойынша шегерімсіз, үстемесіз сатып алынатын, сатылатын қор не қор құжаты.*

**НОМИНАЛДЫ** сын. экон. *Таңбасы, құны, атауы көрсетілген.*

**Номиналды бағалау**. экон. *Құнсыздануды ескермегендегі тауар құнының сандық көрсеткіші.*

**НОМИНАЛДЫҚ** сын. экон. *Номиналға қатысты, номиналға тән.*

**Номиналдық акциялар**. экон. *Атаулы акциялар, алыс-берісі акционерлік қоғамның акцияларын тіркеу кітабында тіркелетін акциялар.*

**НОМИНАТИВ** [лат. nominativus] зат. лингв. *Атау септігі.*

**НОМИНАЦИЯ** [лат. nominatio] зат. кіт. *Аталым.*

**НОМОГЕНЕЗ** [грек. nomos – заң, genesis – шығу тегі] зат. зоол. *Тірі табиғаттың тарихи дамуы ішкі заңдылықтар негізінде жүзеге асады деген эволюциялық көзқарас.*

**НОМОГРАФИЯ** [грек. nomos – заң, grapho – жазамын] зат. мат. *Математиканың функционалдық тәуелділіктері (формула, теңдеу, теңдеулер жүйесі) график түрінде өрнектеу әдістерін зерттейтін саласы.*

**НОН** [ар. النون] зат. ескі кіт. *Кит.*

**НОНАН** зат. хим. *Мұнай және одан айдалған бензиндердің құрамында болатын, суда ерімей, спиртте еритін қаныққан көмірсутек.*

**НОН-ГРАТА: нон-грата тұлға.** дипл. <лат. persona non grata> *Дипломатиялық құқық бойынша мемлекеттің белгілі бір формада бұл ел аумағында бұдан былай қалуын қаламайтындығы жарияланған қандай да бір елдің дипломаты, оның отбасы мүшесі немесе елшілік қызметкері.*

**НОНКОНФОРМИЗМ** [франц. nonconformism] зат. саяси. *Қоғамдағы үстемдік етуші көзқарастар мен дәстүрлерді қабылдамау, кері итеру.*

**НОНКОНФОРМИСТ** зат. саяси. *Қоғамдағы үстемдік алған көзқарастар мен дәстүрлерді қабылдамайтын адам.*

**НОНОРЕЛЬЕФ** зат. геогр. *Жер бетінің ұзындығы екі метрге созылып, биіктігі бір метрге жететін төбешіктері, сазды, көгалды төбешіктер.*

**НОНСОМНИАК** зат. психол. *Ұзақ ұйқыны қажет етпейтін қалыпты индивид.*

**НОНТРОНИТ** зат. кен. *Смектиттер қабатты силикаттарға жататын минералдар тобы.*

**НООЛОГИЯ** зат. ағыл. *Метаинтеллект туралы В.И.Вернадский қалыптастырған ілім.*

**НООСФЕРА** [грек. noos – сана, sphaira – орта, шар] зат. биол. *Биосфераның жаңа жағдайға көшкен деңгейі; адамның саналы түрде жүргізілген іс-әрекеттерінен туындайтын жер сферасындағы барлық өзгерістер мен олардың дамуын анықтайтын басты фактор.*

**НОР**[1] зат. ескі кіт. *Қалың адам, нөпір, қара қорым.*

**НОР**[2]**: нор қара.** *Тым қара, біртегіс, жылтыр қара.*

**НОРИТ** зат. геол. *Негізді құрамды магматиттерге жататын интрузиялық таужыныс.*

**НОРМА** [лат. norma] зат. **1.** *Қандай да бір шаманың, нәрсенің белгіленген мөлшері, өлшемі.* **2.** лингв. *Белгілі бір тарихи кезеңде қоғам тарапынан жарамды ретінде мойындалған жалпы қолданыстағы тілдік құралдардың жиынтығы және оларды таңдау мен қолдану ережелері.* **3**. *Қалыптасқан заңдылық, тәртіп, ереже.* **4.** экон. *Белгілі бір уақыт кезеңінде белгіленген сапада белгілі бір өнімнің бір өлшемін өндіруге жұмсалған нақты ресурстардың абсолюттік шығынының ең жоғары ұйғарынды шамасы.* **5.** матем. *Санның абсолют шамасының жалпы түсінігі. 6. Белгіленген, құжат жүзінде қуатталған, ресурстарды жұмсаудың, табыс, пайда алуды, уақыт шығынының, өнім өндірімінің нормативтік деңгейін айқындайтын шама.* **7.** құқық. *Заңдастырылған ереже, нұсқау, іс-қимылдарды жүзеге асырудың міндетті деп танылған тәртібі.*

**НОРМАЛА=** ет. *Нормаға келтіру, мөлшерлеу, шамаласын, өлшемін белгілеу, кесу.*

**НОРМАЛАН** = ет. **1.** *Көлемі, мөлшерінің белгіленуі.* **2.** лингв. *Тілдік бірлік, құралдардың жалпы қоғамдық тұрғыдан жарамды ретінде мойындалуы.*

**Нормаланбаған еңбек.** экон. *Мөлшерленбеген еңбек.* **Нормаланбаған жұмыс уақыты.** экон. *Мөлшерленбеген жұмыс уақыты.*

**НОРМАЛАНУ** *Нормалан етістігінің қимыл атауы.*

**НОРМАЛАП-ДОРБАЛАП** үст. сөйл. *Аздап болса да, кейде аздап, кейде көптеп, есептеп-ептеп.*

**НОРМАЛАУ** *Нормала етістігінің қимыл атауы.*

**НОРМАЛЫ** сын. *Өлшеулі, мөлшерлі.*

**НОРМАЛЫҚ** сын. *Мөлшерлі, шамалы.*

**НОРМАЛЬ** [лат. normalis] зат. геом. *Қисық сызықтың (беттің) берілген нүктесі арқылы өтетін және осы нүктедегі жанама түзуге (жанама жазықтыққа) перпендикуляр болатын түзу сызық.*

**НОРМАТИВ** [лат. normatio] зат. экон. **1.** *Жұмыс уақытының материалдық және ақша ресурстарының есептеліп белгіленген мөлшері.* **2.** *Негізінен шикізаттың, материалдардың үлестік шығынына, өнім көлемінің бірлігіне, ресурстарды тұтыну объектісін сипаттайтын басқа да бірліктерге шаққанда жұмсалған энергия шығынына қатысты әмбебап норма.* **3**. *Біртекті экономикалық көрсеткіштердің ауқымды шеңбері үшін белгіленген жалпылаушы норма.*

**НОРМАТИВТІ** сын. кіт. *Белгілі бір нормативі бар, мөлшерленген.*

**Нормативті грамматика**. лингв. *Тіл нормалары тұрғысынан дұрыс және жарамды болып саналатын сөз тұрпаттары мен синтаксистік құрылым үлгілерін анықтайтын грамматика.*

**НОРМАТИВТІК** сын. *Нормативке қатысты, нормативке тән.*

**Нормативтік акт**. экон. *Қоғамдық қатынастың белгілі бір аясын реттеуші құқық нормаларынан тұратын мемлекеттік құжат.* **Нормативтік әдіс**. экон. *Өзіндік құнды есептеу және оны бақылау үшін қолданылатын өнімді өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге жұм-*

*салған шығынды есептеудің негізгі әдістерінің бірі.* **Норматитік уақыт**. экон. *Жұмыскердің өз тапсырмасын орындайтын немесе барлық қызметкерлердің белгілі бір жұмысты орындайтын есептелген болжалды уақыты.* **Нормативтік шығын.** экон. *Белгілі бір тауар түрін өндіруге жұмсалатын шығынның қалаулы орташа деңгейі.*

**НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ** сын. заң. *Белгіленген заң тәртібі мен құқыққа қатысты.*

**Нормативтік-құқықтық база**. заң. *Мемлекет заңдарымен рұқсат етілген әрекеттің, іс-шараның заңнамалық негізі.*

**НОРМАТИВТІЛІК** [ор. нормативность] зат. заң. *Құқықтық ұйғарымдардың жалпыға бірдейлігін, міндеттілігін, үздіксіздігін және аумақтық бірлікте әрекет ететіндігін топтастырылған түрде білдіретін құқық нышаны.*

**НОРМИРОВЩИК** зат. совет. сөйл. *Норма кесуші, нормалаушы.*

**НОРСУЛЬФАЗОЛ** зат. мед. *Микробтардан болатын ауруларға қарсы қолданылатын ақшыл не сарғыштау иіссіз ұнтақ дәрі.*

**НОРТОН** [ағыл. norton commander] зат. инф. *MS DOS операциялық жүйесімен жұмыс істеуге арналып құрастырылған, кеңінен таралған бағдарламалық қабықша.*

**НОРЫМДА=** ет. жерг. совет. *Нормалау, нормамен беру.*

**НОСТРА: ностра тілдері**. лингв. *Семит-хамит, үнді-еуропа, картвел, орал, дравид, алтай тілдерінің шоғыры.*

**НОСТРО** [итал. nostro] зат. экон. *Банкінің өз корреспондентіндегі барлық шығысы мен түсімі жазылған шоты.*

**НОСТРО-КОНТО** зат. экон. *Банк тапсырмасын корреспонденттің орындауы жөніндегі барлық операциялары түсіріліп отыратын банк және корреспондент шоттары.*

**НОСТРО-ШОТТАР** зат. экон. *Несие мекемелерінің корреспондент-банкілердегі өзара төлем көрсетілетін шоттары.*

**НОТА**[1] [лат. nota] зат. муз. **1.** *Музыкалық дыбыстарды жазу үшін пайдаланылатын графикалық белгілер жүйесі.* **2.** *Музыкалық шығарманың мәтіні.*

**Нота қағаз**. муз. *Ноталар арқылы музыкалық шығарма мәтіні түсірілген (жазылған) қағаз.*

**НОТА**[2] [лат. nota] зат. дипл. *Бір үкіметтің екінші бір үкіметке ресми түрде берген дипломатиялық жолдауы.*

**НОТА** зат. экон. **1.** *Билет.* **2.** *Борышты мойындау.*

**НОТАБЕНА** [лат. nota bene] зат. экон. *Ерекше назар аудару талап етілетін іс құжаттарына Н (атынша) В деген таңбамен соғылатын белгілер.*

**НОТАРИАЛДЫ** сын. қоғ. *Нотариус арқылы, нотариустың уәкілдігімен.*

**НОТАРИАЛДЫҚ** сын. заң. *Түрлі актілер мен құжаттарды куәландыратын.*

**НОТАРИАТ** [лат. notarius] зат. қоғ. *Түрлі заң актілерін ресми түрде куәландыратын, құжаттар көшірмелерінің және құжаттардағы қойылған қолдардың түпнұсқалылығын куәландыру құқығы бар мемлекеттік органдар.*

**НОТАРИУС** [лат. notarius] зат. *Заңды актілер мен құжаттарды куәландыруға уәкілдігі бар адам.*

**НОТАС** зат. жерг. *Әк, ақ балшық.*

**НОТАЦИЯ** [ағыл. notation] зат. инф. *Компьютерлік тілдің синтаксисін сипаттаудағы шартты белгілер мен ережелер жүйесінің жиынтығы, элементтері бедер-белгілер болатын мәліметтер коды.*

**НОТИС** [ағыл. notice] зат. экон. **1.** *Хабарландыру, құлақтандыру.* **2.** экон. *Сатушы фьючерстік биржада беретін жеткізілім туралы хабарламасы.* **3.** кәс. *Кеме иесінің кеменің айлаққа келгені туралы кеме жалдаушыға хабарламасы.* **4.** экон. *Қайта сақтандырушының шарттың белгілі бір ережелерін қайта қарамақ немесе оны келесі жылы бұзбақ ниетте екені туралы хабарламасы.*

**НОУ-БРЕЙНЕР** зат. экон. *Бағыты белгілі болған не аздаған талдауды талап ететін не мүлде қажет етпейтін нарық.*

**НОУМЕНАЛДЫҚ** сын. терм. *Сезіммен болжанатын, шамаланатын.*

**НОУМИД** зат. ескікіт. *Үмітсіздік, шарасыздық, торығушылық.*

**НОХА** зат. ескікіт. *Қайғы.*

**НОШ: нош ету.** *Ішу.*

**НОУТБУК** [ағыл. notebook] зат. инф. *Салмағы аз, ықшамдалған пішінді, тасымалдауға қолайлы шағын қол компьютер.*

**НОУ-ХАУ** [ағыл. know-how мәнісін білемін] зат. экон. **1**. *Қорғау құжаттарымен қорғалмаған және жарияланбаған өндірістік, басқару, коммерциялық, қаржы сипатындағы жетістік, білім, тәжірибе.* **2.** экон. *Нақты өндіріс барысындағы жұмыс тәсілдері, дағдылары, әдістері.* **3.** құқық. *Құжаттама нысанында тұлғаланған техникалық білімді, тәжірибені, дағдыны басқа тарапқа табыстау жөніндегі міндеттеме.*

**НОЯБРЬ** [лат. november] зат. ***Қараша*** *(жылдың он бірінші айы).*

**НОЯН**[1] зат. **1.** тар. *Ертедегі (XI-XII ғасырлардың алғашқы жартысындағы) Моңғолиядағы ақсүйек феодалдар, рубасылары.* **2.** *Басшы адам, ақсүйек.* **3.** ауыс. *Мықты, күшті адам.*

**НОЯН**[2] сын. жерг. *Орасан зор, үлкен. // Мықты, күшті адам немесе зор денелі аң.*

**НӨКЕР** зат. тар. **1.** *Патша, хан, ақсүйектердің қасына еріп жүріп, қызмет ететін әскер, қол, жауынгер.* **2.** *Байырғы қазақ қоғамында және Орта Азияда қоғамдарда ақсүйектердің қасына еріп жүріп соғыс кезінде жауынгер, бейбіт кезде күзетші қызметін атқарған әлеуметтік топ өкілі.* **3.** *Дәулетті, ауқатты ақсүйектер мен билеуші тап өкілдерінің қасына еріп жүретін қызметші, күзетшісі.*

**Нөкер ертті**. а) *Жанына қызметшілері мен әскерін жиып алып жүрді; әскер, қол жиды.* ә) *Қызметшілікке, әскерлік қызметке алды.* **Нөкерді [ерлерден] салды.** *Кілең ержүрек, жаужүрек батырларды жинады.* **Нөкер жиды**. *Үзеңгі серік, қол топтады.*

**НӨКЕС** сын. жерг. *Жарымес, кеще, мигұла.*

**НӨКЕСТІК** сын. жерг. *Жарыместік, есуастық.*

**НӨЛ** зат. <лат. nullus> **1.** *Еш нәрсе жоқ, ешбір мәні жоқ деген белгі.* **2.** матем. *Кез келген санды қосқанда сол санды өзгертпейтін қасиеті бар сан және соның таңбасы. // Мәнсіз, бос, еш маңызсыз.*

**НӨЛДІК** сын. *Нөлге тең болатын, ешбір сандық мәні, көрсеткіші жоқ.*

**Нөлдік бүркеме**. геол. *Қатқан таужыныс қат-қабаттарындағы су фазасы мұз фазасына ауысқанда және керісінше, немесе нөлдік температурадағы күшті ылғалданған дисперсиялық грунттарда пайда болатын жылжымалы температуралық тосқауыл немесе бүркеме.* **Нөлдік дыбыс**. физ. *Абсолют нөлге жақын температурада кванттық сұйықтарда таралатын ерекше текті тербеліс.* **Нөлдік купон.** экон. *Корпорацияның дисконттау шарттарымен сатылатын және сатып алушы төлейтін бағаға есептеліп, белгіленген пайызбен шығарылатын, осы міндеттеме сатып алынатын атаулы құны көрсетілетін ақшалай міндететме.* **Нөлдік сым**. физ. *Үш фазалы айнымалы ток көзі мен тұтынушылардың бейтарап нүктелерін өзара жалғастыратын сым.* **Нөлдік төлем.** экон. *Төленбейтін акциялар шығарылымы - бұрыннан бар акционерлердің арасына жеңілдікті бағамен таратылатын жай акциялар шығару.* **Нөлдік энергия**. физ. *Кванттық-механикалық жүйенің негізгі күйінің энергиясы мен жүйенің потенциалдық энергиясының минимумына сәйкес келетін энергия арасындағы айырма.*

**НӨЛ-МОДЕМ** зат. инф. <ағыл. base band modem> *Синхронды немесе асинхронды түрде жүктемесіз гальваникалық байланыс желісі бойынша түрлендіруді пайдаланбай, жақын қашықтықта мәліметтер жеткізуді жасақтайтын сигналдарды түрлендіру құрылғысы.*

**НӨЛ-МОДЕМДІК: нөл-модемдік кабель.** инф. <ағыл. null modem cable> *Екі компьютерді тізбекті интерфейс арқылы қосу – мәліметтер жеткізудің ең арзан (басқа жағынан тиімсіз болса да) тәсілі.*

**НӨМІР** ор. зат. **1.** *Біртекті заттардың реттік саны.* **2.** ауыс. *Қонақ- үйлердегі реттік саны көрсетілген жеке бөлме.* **3.** ауыс. *Алдын ала жасалған концерттік бағдарламадағы кезекті ән, күй, би, тақпақ т.б.*

**НӨМІРЛЕ=** ет. *Заттарға белгілі бір тәртіппен реттік сан белгісін соғу.*

**НӨМІРЛЕН=** ет. *Реттік сан белгісінің соғылуы, берілуі.*

**Нөмрленген шот.** экон. *Шот иесі банкінің тек аздаған басшы қызметкерлеріне ғана белгілі болғанда оның есімінің орнына белгілі бір нөмір қою.*

**НӨМІРЛЕНУ** *Нөмірлен етістігінің қимыл атауы.*

**НӨМІРЛЕТ=** ет. *Белгілі бір тәртіппен реттік сан белгісін қойғызу.*

**НӨМІРЛЕТУ** *Нөмірлет етістігінің қимыл атауы.*

**НӨМІРЛЕУ** *Нөмірле етістігінің қимыл атауы.*

**НӨМІРТЕРГІШ** зат. тех. *Автоматты телефон стансыларындағы телефон аппараттарында орнатылатын шақыру құрылғыларының бірі.*

**НӨПІР** [ар. نفر] сын. *Қаптаған, қалың, көп.*

**НӨСЕР** зат. **1.** *Қатты жауатын, өткінші жаңбыр. // Қатты құйған, шелектеп жауған.* **2.** геогр. *Күшті, бірақ қысқа мерзімдік, конвективтік сипаттағы не қоңыржай ендіктегі циклондардың суық шебіндегі дүлей желді жаңбыр.*

**Нөсер жаңбыр.** *Аяқ астынан қатты жауып, тез аяқталатын жауын.* **Нөсер жауын.** *а) Нөсерлетіп құйып кететін жаңбыр. ә) Қиыншылық, ауыртпалық.* **Нөсер құйды**. *Қатты жаңбыр жауып кетті, шелектеп төкті.* **Нөсер өтті**. *Қатты жаңбыр жауып кетті.* **Нөсер соғыс**. бейн. *Қырғын, жаппай (дүниежүзілік) ұрыс.*

**НӨСЕРДЕЙ** сын. *Нөсер сияқты, нөсер тәрізді.*

**НӨСЕРЛЕ=** ет. **1.** *Шелектеп құю, қатты жаңбыр жауу.* **2.** ауыс. *Алай-дүлеймен өте шығу.*

**НӨСЕРЛЕТ=** е т. **1.** *Шелектеп құю, қатты жауу.* **2.** а у ы с . *Құйқылжытып, елітіп, төгілту, ағылту.*

**НӨСЕРЛЕТУ** *Нөсерлет етістігінің қимыл атауы.*

**НӨСЕРЛЕУ** *Нөсерле етістігінің қимыл атауы.*

**НӨСЕРЛІК** с ы н . *Нөсерге қатысты, соған тән.*

**Нөсерлік ағынды**. г е о г р . *Нөсер жауу нәтижесінде қалыптасатын ағынды.*

**НУ** с ы н . **1.** *Арасынан ит тұмсығы өтпейтін, қалың (орман, жыныс, тоғай, қамыс). // Қалың орманды, қалың тоғайлы немесе қалың жынысты жер, жасыл мекен.* **2.** *Көп, жыпырлаған, мыңғырған. // Сансыз, саны көп, қаптаған ел-жұрт.*

**Ну жыныс.** *Қалың орман.* **Ну орман**. *Қалың, ит тұмсығы өтпейтін орман.* **Ну тоғай.** *Қалың орман, ит тұмсығы өтпейтін қалың тоғай.*

**НУВОРИШ** [франц. nouveau riche] з а т . *Тез арада қандай да бір жолмен (заңды немесе заңсыз) байыған, алайда жаңа әлеуметтік ортаға әлі де толық бейімделе алмаған адам, қуыс кеудебай.*

**НУЖУАН** ир. з а т . е с к і к і т . *Бозбала.*

**НУЖУМ** з а т . к ө н е . **1.** *Жұлдыздар; жұлдыз сөзінің арабша нұсқадағы көпше түрі.* **2.** *Жұлдызнама, астрология.* **3.** *Астрономия ғылымы.*

**НУКЛЕАЗАЛАР** з а т . б и о л . *Нуклеин қышқылдарын нуклеотидтерге дейін ыдырататын ферменттер.*

**НУКЛЕАРЛЫҚ** с ы н . ф и з . *Ядролық.*

**Нуклеарлық саты**. г е о л . *Жер дамуының ең алғашқы кездеріндегі континенттер өңірі базальт және андезит лаваларының жаппай төгілуімен, негізінен граувакты шөгінділердің, азын-аулақ хемогендік тұнбалардың түзілуімен сипатталады деп есептейтін шартты тұжырым.*

**НУКЛЕИН: нуклеин қышқылдары**. х и м . *Полинуклеотидтер, тірі табиғатта көп таралған, құрамында мононуклеотидтер көп санынан құралған күрделі фосфор бар биополимерлер.*

**НУКЛЕКЕУЕКТЕР** з а т . ф и з . *Ядролық жарғақшалардың жалпы атауы.*

**НУКЛЕОЗИДТЕР** з а т . х и м . *Рибоза немесе 2'-дезоксирибоза мен нуклеин қышқылдарының гетероциклдік негіздерінен тұратын табиғи қосылыстар.*

**НУКЛЕОПРОТЕИДТЕР** з а т . б и о л . *Нуклеин қышқылдарымен байланысқан күрделі ақуыздар.*

**НУКЛЕОСОМАЛАР** з а т . б и о л . *Ұзын тізбекті ДНҚ молекуласы жасушада кішкене көлемде орналасатын хроматиннің негізгі құрылымдық бірлігі.*

**НУКЛЕОТИДТЕР** [лат. nucleus – ядро, eidos – түр] з а т . х и м . *Нуклеозидтердің фосфорлы эфирлері, нуклеин қышқылдарын құрайтын негізгі құры- лымдық бірлік.*

**НУКЛЕОФИЛ** з а т . ф и з . *Сыртқы деңгейінде бөлінбейтін электрон жұптары бар молекулалар немесе иондар.*

**НУКЛЕСҮЙГІШТЕР** з а т . х и м . *Органикалық химияда бос электрон жұбы бар немесе электрон тығыздығы жоғарылаған молекулалардың фрагменттері және аниондар.*

**НУКЛИДТЕР** [лат. nucleus] з а т . х и м . *Өзара күшті әсері бар, аса берік байланысқан протондар мен протонды жүйелер.*

**НУКЛОНДАР** [лат. nucleus] з а т . х и м . *Атом ядросының құрамындағы материалдық цсақ бөлшектер; протон мен нейтронның жалпы атауы.*

**НУЛАН=** е т. *Қалың өсу, ну болу.*

**НУЛАНУ** *Нулан етістігінің қимыл атауы.*

**НУЛЛИФИКАЦИЯ** [лат. nullificatio] з а т . э к о н . *Мемлекеттің құнсызданған ақша белгілерін жарамсыз деп жариялауы.*

**НУЛЫ** с ы н . *Арасынан адам жүре алмайтын қалың ағаш өскен; орманды, тоғайлы.*

**НУЛЫҚ** з а т . *Шөбі, өсімдігі қалың жер.*

**НУМЕРИКО** з а т . э к о н . *Айналыстағы бүкіл ақша.*

**НУМИЗМАТ** [лат. numisma] з а т . э к о н . *Ақшагер, нумизматикамен айналысушы, мәнет жинаушы не соның білімпазы.*

**НУМИЗМАТИКА** з а т . э к о н . **1.** *Ақшаны зерттейтін ғылым.* **2.** *Мәнет жинауға әуестік.*

**НУМИЗМАТИКАЛЫҚ** с ы н . *Нумизматикаға қатысты, соған тән.*

**НУН** [ар. النون] з а т . *Араб әліпбиінің жиырма бесінші әрпі, «н» әрпінің арабша атауы.*

**НУСЫЗ** с ы н . *Қалың жамылғысыз, жапырақсыз, тықыр.*

**НУНЦИЙ** [лат. nuntius] з а т . қ ұ қ ы қ . *Ватиканның дипломатиялық өкілі.*

**НУРАНИ** ар. с ы н . е с к і к і т . *Сәулелі, нұрлы, иманды.*

**НУТАЦИЯ** [лат. nutatio] з а т . ф и з . *Қатты дене қозғалысының прецессиясымен қабаттаса жүретін құбылыс.*

**НУТАЦИЯЛЫҚ** [лат. nutatio] с ы н . ф и з . *Нутацияға қатысты, соған тән.*

**Нутациялық қозғалыс**. б о т . *Өсімдік мүшелерінің айнымалы немесе ерсілі-қарсылы бағыттағы қозғалысы.*

**НУТТАЛЛИОЗ** з а т . в е т . *Жылқы мен есектің инвазиялық ауруы, қызыл қан түйіршіктерінде өсіп өнетін қарапайым паразиттер.*

**НУШАТАР** з а т . е с к і к і т . *Мүсәтір.*

**НУЫЛДАС=** е т. *Шуылдасу, дабырласу.*

**НУЫЛДАСУ** *Нуылдас етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҒАРА¹** з а т . е с к і к і т . *Азап, қиындық.*

**НҰҒАРА²** с ы н . е с к і к і т . *Ауыр, қиын.*

**НҰҒЫ** ар. з а т . *Тек, категория.*

**НҰЖЫМ** з а т . е с к і к і т . *Сиқыр.*

**НҰҚАЙ** з а т . *Қысым-қорлық.*

**НҰҚСАН** [ар. نقصان] з а т . *Кемістік, зиян, залал.*

**Нұқсан болды**. *Зиян келді, қауіп төнді.* **Нұқсан тигізді [келтірді]**. *Зиянын жасады, бұзды, кесірін тигізді, бүлдірді.*

**НҰҚУ** *Нұқы етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҚҰД** ар. з а т . е с к і к і т . *Ақша.*

**НҰҚЫ=** е т. *Қолмен не бір нәрсемен түрту.*

**НҰҚЫЛ** ү с т . ж е р г . *Ыңғай, кілең, ылғи.*

**НҰҚЫЛА=** е т. *Қайта-қайта нұқу, түрткілеу.*

**НҰҚЫЛАС=** е т. *Қайта-қайта бірін-бірі түрткілесу.*

**НҰҚЫЛАСУ** *Нұқылас етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҚЫЛАТ=** е т. *Қайта-қайта тиіскізу, түрткілету.*

**НҰҚЫЛАТУ** *Нұқылат етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҚЫЛАУ** *Нұқыла етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҚЫС=** е т. *Бір-бірін түртісу.*

**НҰҚЫСУ** *Нұқыс етістігінің қимыл атауы.*

**НҰҚЫТ=** е т. *Біреуге өзін түрткізу.*

**НҰҚЫТУ** *Нұқыт етістігінің қимыл атауы.*

**НҰН** [ар. النون] з а т . д і н и . **1.** *Нән балық [Діни аңыздағы Жүніс пайғамбарды жұтқан балықтың аты].* **2.** з о о л . *Кит.*

**НҰП** з а т . к ө н е . *Зиялылық, білімділік, мәдениеттілік.*

**НҰР** [ар. نور] з а т . **1.** *Сәуле, жарық, шұғыла.* **2.** а у ы с . *Шапағат, шарапат, игі әсер, оң ықпал, игілік.* **3.** а у ы с . *Мейірім, жылылық, ыстық ықылас.* **4.** а у ы с . *Жарқыл, жылтыл, көз тартарлық әдемілік.* **5.** а у ы с . *Көрік, рең, кескін, кейіп.* **6.** а у ы с . *Ажар, өң, рең.*

**Нұр алды**. *Жанданды, әдемiленді.* **Нұр атқан**. п о э т . *Жарқыраған, шұғыласын төккен.* **Нұр бейне.** п о э т . *Пәк сезімімен жақсы көрген адамының кескін-келбеті туралы жарқын жүз, сәулелі келбет мағынасында айтылады.* **Нұр берді**. а) *Өңін кіргізді, сәнін келтірді.* ә) *Шапағын шашты, сәулелендірді, жарық, жылуын төкті.* **Нұр бұлақ**. б е й н . о к к а з . *Жақсылықтың, адамгершіліктің, сауаттылықтың көзі.* **Нұрға бөледі**. а) *Жадыратты, жайнатты, қуантты, мейірімге толтырды.* ә) *Нұрландырды, арайландырды.* **Нұрға қанды**. *Күн сәулесіне кенелді.* **Нұрға толды [бөленді, шомылды, малынды].** а) *Жарық болып тұрды, сәулеленді, жарқырады.* ә) *Береке қонды, бақытқа кенелді.* **Нұрға шомылды**. *Жарқырады, жылуға, шұғылаға малынды.* **Нұр жайнады**. а) *Жарқырады, жадырады, жайдарыланды.* ә) *Құлпырды, жарқырады, шешек ата түрленді.* **Нұр жамылды.** *Нұрға бөленді, жайнады, құлпырды.* **Нұр жауды**. *Береке кірді, жақсылық болды.* **Нұр жаусын [жауғыр]!** т і л е к . *Ізгілік, жақсылық болсын, бақытты бол деген мағынадағы тілек сөз.* **Нұр құйды.** *Сәуле шашты; жадыратты, жайнатты.* **Нұр назары**. *Жылы жүзі, ықыласы.* **Нұр нұсқа**. *Ажарлы, келісті тұр-тұлға, әдемі келбет.* **Нұр сәуле**. а) *Жарқырап шашырап, жан-жағына жарығын төккен сәуле.* ә) *Мейірімге толы ыстық ықылас, жан жылуы.* б) *Көкіректі оятып, көзді ашатын тәжірибе, іс т.б.* **Нұр сәулет.** п о э т . *Жарқыраған әсемдік, асқан сұлулық.* **Нұр септі.** а) *Нұрландырды, сәулелендірді.* ә) *Үміттендірді, үміт отын жақты.* **Нұр сипат.** *Ажарлы, көрікті тұлға, оның жарқын елесі.* **Нұр төгілді.** а) *Жап-жарық етті, сәулесін шашыратты, жан-жаққа жайды.* ә) *Мейірін, шапағатын жайды, жылуымен бөлісті, жақсылығын аямады.* б) *Сәулеленді, жайнады, жылт-жылт етті.* **Нұр тұнды**. *Жылу, мейір, ыстық сезім ұялады.* **Нұр үстіне нұр**. *Тіпті жақсы, өте тамаша, жақсылық үстіне жақсылық.* **Нұр шашты.** а) *Нұрландырды, сәулелендірді.* ә) *Жайнады, құлпырды.* **Нұр шашырады.** а) *Жарық түсті, сәуле шашты.* ә) *Нұр шашты, нұрланды.* **Нұры енді.** *Өңі кірді, нұрланды, жарқырады.* **Нұры қашты**. а) *Көру қабілеті азайды.* ә) *Жанары көмескіленді, көңілсіздік басты.* **Нұрын төкті.** а) *Жап-жарық етті, сәулесін шашыратты, жан-жаққа жайды.* ә) *Мейірін, шапағатын жайды, жылуымен бөлісті, жақсылығын аямады.* б) *Сәулеленді, жайнады, жылт-жылт етті.* **Нұрын [нұр] шашты.** а) *Жап-жарық етті, сәулесін шашыратты, жан-жаққа жайды.* ә) *Мейірін, шапағатын жайды, жылуымен бөлісті, жақсылығын аямады.* б) *Сәулеленді, жайнады, жылт-жылт етті.* **Нұры сөнді.** *Мәні кетті, маңызы тайды, көңілсіздік жаулады.* **Нұры тасыды**. *Мерейі үстем болды, абыройы артты.* **Нұры тең**. *Алладан берілген сұлулығы, қуаты т.б. ерекше қасиеті еш кем емес, мәртебесі бірдей.* **Нұры шарпыды**. *Қатты әсер етті, көркі таңғалдырды.*

**НҰРА¹** з а т . *Су орған жыра, терең сай.*

**НҰРА**[2] зат. жерг. *Көз жеткізгісіз, ен дала.*

**НҰРАТ** зат. көне. *Бетінің нұры, нұрсипат.*

**НҰРБЫ** зат. көне. *Көпшіліктің ортасы, іші.*

**НҰРДАЙ** сын. *Нұр сияқты, нұр тәрізді.*

**НҰРЛА=** ет. **1.** *Нұрға бөлеу, құлпырту.* **2.** ауыс. *Мейірімге, ізгілікке толтыру.*

**НҰРЛАН=** ет. *Сәулелену, жарқырау, құлпыру.* **2.** ауыс. *Жайнау, құлпыру, әдемілену.* **3.** ауыс. *Рақаттану, мейірлену, жайдарылану.*

**НҰРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Сәулелендіру, жарықтандыру.* **2.** ауыс. *Құлпырту, жайнату, сұлуландыру, әдемілендіру.* **3.** ауыс. *Ізгілендіру, игілікке айналдыру.* **4.** ауыс. *Шапағатын шашу, рухтандыру.*

**НҰРЛАНДЫРУ** *Нұрландыр етістігінің қимыл атауы.*

**НҰРЛАНТ=** ет. **1.** *Сәулелендіру, жарықтандыру.* **2.** ауыс. *Шапағатын шашқызу, рухтандыру.*

**НҰРЛАНТУ** *Нұрлант етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарқырату, нұрға бөлету.* **2.** ауыс. *Рухтандыру, шапағатқа бөлету.*

**НҰРЛАНУ** *Нұрлан етістігінің қимыл атауы.*

**НҰРЛАС** сын. *Нұры бір, нұры ұқсас.*

**НҰРЛАТ=** ет. *Жарықтату, сәуле шашқызу.*

**НҰРЛАТУ** *Нұрлат етістігінің қимыл атауы.*

**НҰРЛАУ** *Нұрла етістігінің қимыл атауы.*

**НҰРЛЫ** сын. **1.** *Жарқырап жайнаған, шұғылалы, сәулелі.* **2.** ауыс. *Сау, саламатты, қуатты, рухты.* **3.** ауыс. *Жарқыраған, ажарлы, шырайлы, әдемі.* **4.** ауыс. *Мейірімді, жылылыққа толы, жанға жайлы.* **5.** ауыс. *Жанарлы көрінетіндей.*

**Нұрлы ақыл**. *Зердесі терең ой-таным.* **Нұрлы бейне**. *Жарқын елес.* **Нұрлы болашақ [ертең].** *Бақытты келешек.* **Нұрлы жанар [көз].** *Әдемі көз, жайнаған көз.* **Нұрлы жүз**. *Әдемі, жас, ажарлы дидар, сұлу келбет.* **Нұрлы қабық**. анат. <лат. iris> *Көз алмасының ортаңғы тамырлы қабығының алдыңғы бөлігі.* **Нұрлы сөз**. *Ойлы, ақылды сөз.* **Нұрлы үміт.** поэт. *Болашаққа деген зор сенім, жарқын болашақ.* **Нұрлы шуақ.** *Күн сәулесі.*

**НҰРЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Сәулелік, жарық болушылық.* **2.** ауыс. *Нұры молдық, жылылық, тартымдылық, ажарлылық.* **3.** ауыс. *Жарқындық, ізгілік, игілік.*

**НҰРЛЫМ** зат. экспр. *Жақсы көретін адамына, әдетте сүйіктісіне айтылатын әдемім, келбеттім деген мағынадағы еркелету мәнді атауыш.*

**НҰРЛЫХАЯТ** [ар. نور الحياة] зат. діни. *Нұрлы өмір, жарық дүние [Ертедегі аңыз бойынша, қасиетті су бар, оны ішкен адам мәңгі жасайды].*

**НҰРСЫЗ** сын. **1.** *Сәулесіз, шұғыласыз.* **2.** ауыс. *Отсыз, солғын, ажарсыз.* **3.** ауыс. *Мәнсіз, мағынасыз, көмескі, бос.*

**НҰРСЫЗДАН=** ет. **1.** *Нұры таю, сәуле, шұғыла шашпау.* **2.** ауыс. *Мәнсіздену, күңгірттену, сүреңсіздену.*

**НҰРСЫЗДАНУ** *Нұрсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**НҰРСЫЗДАУ** сын. *Нұры тайғандау, жанарсыздау.*

**НҰРША** сын. *Нұр сияқты, нұрға ұқсас.*

**НҰС** зат. жерг. **1.** *Ластық, кір, нас.* **2.** ауыс. *Кемсітушілік, жәбір көрсетушілік.*

**Нұс берді.** а) *Қоқан-лоқылады.* ә) *Кемсітті, төмендетті.*

**НҰСҚА**[1] [ар. نسخة] зат. **1.** *Белгілі бір заттың ең алғашқы түп негізі, қайталанбас үлгісі.* **2.** *Жоба, нобай.* **3.** *Бір үлгінің бір-бірінен азын-аулақ ерекшеленетін түрлері.* **4.** көне. *Тұлға, келбет.* **5.** инф. *Бағдарламалық өнімнің бір варианты немесе басқа файлды түрлендіру арқылы алынған файл. // Нұсқалы сөз.*

**Нұсқа нөмірі.** инф. <ағыл. version number> *Бағдарламалық өнімге ол шығарылған кезде тағайындалған нөмір.*

**НҰСҚА**[2] зат. **1.** *Үлгі, өнеге; ақыл, кеңес. // Ақылды, өнегелі, үлгілі (адам).* **2.** ауыс. *Жол, сызық.*

**Нұсқа болды.** *Үлгі, өнеге болды.* **Нұсқа көрген**. *Тәлім-тәрбие алған, өнегелі.* **Нұсқа қылды.** *Үлгі етті, өнеге тұтты.* **Нұсқасы кетті**. *Бұрынғы қалпы, береке-сиқы қашты.*

**НҰСҚА**[3]**=** ет. *Меңзеу, сілтеп көрсету.*

**НҰСҚАҒЫШ** зат. инф. <ағыл. indicator, pointer> *Мәліметтер құрылымында кейбір элемент өрісіндегі басқа элемент адресі, мәндері адрестер болып келетін бағдарламадағы айнымалы.*

**Нұсқағыштар әдісі**. инф. <ағыл. pointers method> *Жазбалар арасындағы байланыс жазбаның арнайы өрістерінде орналасатын сілтемелер көмегімен компьютер жадына тармақтық және желілік құрылымдарды ұсыну әдісі.* **Нұсқағыштар жиымы**. инф. <ағыл. pointer array> *Мәліметтер базаларында – жазбаның ішінде немесе одан тыс орналасатын басқа жазбаларға сілтемелер жиыны.*

**НҰСҚАЛ=** ет. *Меңзелу, сілтеп көрсетілу.*

**НҰСҚАЛА**[1]**=** ет. *Қайта-қайта ақыл айту, кеңес беру, уағыздау.*

**НҰСҚАЛА**[2]**=** ет. *Қайта-қайта нұсқау, жол сілтеу.*

**НҰСҚАЛАУ**[1] *Нұсқала*[1] *етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта ақыл айту.*

**НҰСҚАЛАУ**[2] *Нұсқала*[2] *етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта нұсқау.*

**НҰСҚАЛУ** *Нұсқал етістігінің қимыл атауы.*

**НҰСҚАЛЫ**[1] сын. **1.** *Кейіпті, пішінді.* **2.** *Үлгілі, негізді.*

**НҰСҚАЛЫ**[2] сын. *Өнегелі, ғибратты.*

**Нұсқалы жауап.** *Дәл, дөп түсетін жауап.* **Нұсқалы сөз**. *Ғибратты ой, жазуға түскен өнегелі сөз.*

**НҰСҚАЛЫҚ**[1] зат. *Үлгілік, даналық.*

**НҰСҚАЛЫҚ**[2] сын. *Сілтегіш, нұсқа боларлық.*

**Нұсқалық қаріп.** инф. <ағыл. outline font> *Символдардың базалық формасы математикалық өрнектермен ұсынылатын қаріп түрі.*

**НҰСҚАЛЫЛЫҚ** зат. *Үлгілілік, даналылық.*

**НҰСҚАМА**[1] зат. **1.** әск. <франц. instruire> *Жеке құрамды әскери қызметтің белгілі бір міндеттері мен қойылған міндеттерді орындауға дайындаудың түрі.* **2.** пед. *Оқытушының тапсырманы айтып түсіндіруінің әдістемелік бір түрі.*

**НҰСҚАМА**[2]**: нұсқама минералдар**. геол. *Шөгінділердің қалыптасуына және шөгінді таужыныстардың келешек өзгерістеріне тән физикалық-химиялық жағдайлардың көрсеткіштері рөлін атқаратын минералдар.*

**Нұсқама элементтер**. геол. *Өздері табылған өңірлерде кенорындар менкенді денелердің бар екендігін көрсететін элементтер.*

**НҰСҚАСЫЗ** сын. *Жөнсіз, өнегесіз.*

**Нұсқасыз сөз**. *Ойсыз, бос, өнегесіз сөз.*

**НҰСҚАУ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір істің қалай орындалуын көрсететін жөн-жоба, кеңес.* **2.** ресми. *Белгілі бір іс-шараны орындау бойынша жоғары лауазымды тараптан берілетін бұйрық, ереже немесе құжат т.б.* **3.** әск. <лат. instructio> *Әскердің (күштің) қандай да бір жағын реттейтін немесе ұрыс құралдарын қолдану мен пайдалану мәселелері бойынша толық ережелері бар құжат.* **4.** *Қатаң қадағалаушылық, шектеушілік.* **5.** *Меңзеушілік, белгі, ым-ишара.* **6.** *Ақыл, кеңес.*

**НҰСҚАУ**[2] *Нұсқа етістігінің қимыл атауы.*

**НҰСҚАУЛЫҚ** зат. ресми. *Белгілі бір істің орындалуы бойынша жөн сілтейтін, іс-шараларды жүзеге асырудың жөн-жобасын белгілейтін, сөз жүзіндегі немесе жазбаша түрдегі ресми кеңес немесе құжат.*

**НҰСҚАУЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК** сын. *Нұсқаулар мен әртүрлі әдіс-тәсілдер аралас, солар қатысты болған.*

**Нұсқаулық-әдістемелік сабақ**. әск. *Жауынгерлік және саяси дайындық бағдарламасының жаңа тақырыбын оқып-үйрену алдында бөлімшелермен осы сабақты жүргізудің біртұтас әдістемесін өңдеп жетілдіру мақсатында жүргізілетін сабақ.*

**НҰСҚАУШЫ** зат. *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн сілтеп отыру міндетін атқаратын маман.*

**НҰСҚЫН** зат. сөйл. *Түр-әлпет, ұсқын.*

**НҰТ** зат. өс. <лат. cicer> *Бұршақ тұқымдас біржылдық және көпжылдық дәнді дақыл, шөптесін өсімдік.*

**НҰШ** ир. зат. ескі кіт. *Сусын.*

**НҰЖУМ** ар. зат. ескі кіт. **1.** *Жұлдыз.* **2.** *Астрономия ғылымы.* **3.** *Астрология, жұлдызнама.*

**НҰШ: нұш ету.** ир. ескі кіт. *Ішу.*

**НҮКЕТЕКТЕУ** сын. жерг. *Кемістеу, мүгедектеу.*

**НҮКТЕ** зат. **1.** *Кішкентай ғана қара дақ, ноқат.* **2.** лингв. *Ойдың аяқталғандығын білдіру үшін сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі.* **3.** матем. *Геометрияның жүйелі түрде баяндалуындағы негізгі ұғымдардың бірі.* **4.** *Орын, мекенжай, елді мекен.* **5.** инф. <ағыл. point> *Экран бетіндегі немесе параққа басылған графикалық кескіннің бағдарлама бойынша түсі өзгертіле алатын ең кіші элементі.*

**Нүкте қойды**. а) *Бітірді, істі тамамдап шықты, аяқтады.* ә) *Үзді, кесіп тастады, тоқтатты.* б) *Доғарды, шектеді, тыйып тастады.* **Нүктесін қалдырма**. *Түгел қамты, еш нәрсесін қалдырма.*

**НҮКТЕДЕЙ** сын. *Нүкте сияқты, нүкте тәрізді.*

**НҮКТЕЛІ** сын. *Нүктесі бар, нүкте қойылған.*

**Нүктелі үтір.** лингв. *Көбінесе ғылыми, ғылыми-көпшілік мәтіндерде қолданылатын санамалап айтуда, бүтін бір ойды бөлшектеп айтуда қойылатын нүкте мен үтірден тұратын тыныс белгі.*

**НҮКТЕЛІК-МАТРИЦАЛЫҚ: нүктелік-матрицалық принтер.** инф. *Инелерден құрастырылған тік матрица көмегімен басып шығаруды жүзеге асыратын баспалық құрылғы.*

**НЫҒА=** ет. *Қатты етіп нығыздау, нықтау.*

**НЫҒАЙ=** ет. *Беки түсу, күшею.*

**НЫҒАЙТ=** ет. *Бекіте түсу, күшейту.*

**НЫҒАЙТУ** *Нығайт етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАЙТЫЛ=** ет. *Күшейтілу, беки түсу.*

**НЫҒАЙТЫЛУ** *Нығайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАЙТЫС=** ет. *Бірге күшейту, бірге бекіту.*

**НЫҒАЙТЫСУ** *Нығайтыс етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАЛ=** ет. *Нығыздалу, толу.*

**НЫҒАЛУ** *Нығал етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАҢҚЫРА=** ет. *Нығыздаңқырау, нықтаңқырау.*

**НЫҒАҢҚЫРАУ** *Нығаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАРА** үст. *Нығарлай, салмақтай.*

**НЫҒАРЛА=** ет. **1.** *Қатты басу.* **2.** *Нығыздау, нықтау.* **3.** ауыс. *Шегелеп айту, бекітіп қою.*

**НЫҒАРЛАН=** ет. **1.** *Нығыздалыну.* **2.** *Бекітілу, нықталу.*

**НЫҒАРЛАНУ** *Нығарлан етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАРЛАҢҚЫРА=** ет. *Нығарлаңқырай түсу, нығау.*

**НЫҒАРЛАҢҚЫРАУ** *Нығарлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАРЛАУ** *Нығарла етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАУ** *Ныға етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒАЮ** *Нығай етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒМАТ** зат. ескі кіт. ***Нығмет.***

**НЫҒМЕТ** [ар. نعمة] зат. **1.** *Береке, рақат, бақыт.* **2.** ауыс. *Тәтті тағам, дәулет, байлық.*

**НЫҒЫЗ** сын. **1.** *Тығыз, қатты.* **2.** *Мықты, берік.* **3.** ауыс. *Менмен, маңғаз.* **4.** ауыс. *Зілді, салмақты.*

**НЫҒЫЗДА=** ет. **1.** *Берік ету, тығыздау; таптау.* **2.** тех. *Металдарды пластикалық және соққы арқылы өңдеу негізінде дайындамалар мен бұйымдар жасау.*

**НЫҒЫЗДАҒЫШ** зат. тех. *Жердің қопсытылған қабатын таптап, тегістеп, үстінен басып, нығыздайтын техникалық құрал, көлік.*

**НЫҒЫЗДАЛ=** ет. **1.** *Тығыздалу, тапталу.* **2.** ауыс. *Шегелену, салмақталу (сөз туралы).*

**Нығыздалған бейне**. инф. <ағыл. compressed video> *Сақталатын мәліметтердің көлемін азайту мақсатында цифрлық нығыздау әдістерімен өңделген бейнекескін немесе оның сегменті.* **Нығыздалған дыбыс**. инф. <ағыл. compressed audio> *Цифрлы код түріне келтіріліп әрі нығыздалып, бейнедискіге жазылған дыбыстық сигнал.* **Нығыздалған файл.** инф. <ағыл. compressed file> *Ішіндегі мәліметтерінің көлемін кішірейту мақсатында арнайы утилиттер арқылы нығыздалып жазылған файл.*

**НЫҒЫЗДАЛҒЫШТЫҚ** зат. тех. *Ұнтақ немесе кеуек материалдың қысым әсерінен тығыздығын ұлғайту қасиеті.*

**НЫҒЫЗДАЛУ** *Нығыздал етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗДАЛУШЫЛЫҚ** зат. тех. *Сусымалы заттардың белгілі бір пішінге келуі және нығыздалып қатаюы.*

**НЫҒЫЗДАН=** ет. *Орнығу, беку.*

**НЫҒЫЗДАНУ** *Нығыздан етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗДАҢҚЫРА=** ет. *Нығаңқырай түсу, нықтаңқырау.*

**НЫҒЫЗДАҢҚЫРАУ** *Нығыздаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗДАУ**[1] сын. *Тығыздау, мықтырақ.*

**НЫҒЫЗДАУ**[2] *Нығызда етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Нығыз болып қалғандық, тығыздық.* **2.** *Мығымдық, мықтылық, беріктік.* **3.** ауыс. *Менмендік, маңғаздық.*

**НЫҒЫЗСУ** *Нығызсы етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗСЫ=** ет. *Мығымсу; менменсу, маңғазсу.*

**НЫҒЫЗСЫН=** ет. *Мығымсыну; менменсіну, маңғазсыну.*

**НЫҒЫЗСЫНУ** *Нығызсын етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫЗ-ҰНТАҚ** зат. тех. *Жартылай қатаюға ұшыратылған термореактивті шайыр мен ұнтақ күйдегі толықтырғыштар қоспалары.*

**НЫҒЫМЕТ** зат. ескікіт. ***Нығмет.***

**НЫҒЫРАҚ** сын. *Мықтырақ, берігірек.*

**НЫҒЫРЛА=** ет. сөйл. **1.** ***Нығарла***. **2.** ауыс. *Шегелеп, бекітіп айту.*

**НЫҒЫРЛАУ** *Нығырла етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫРТ=** ет. жерг. *Сөзбен төпеу, тұқырту.*

**НЫҒЫРТУ** *Нығырт етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҒЫТ=** ет. жерг. *Нығайту, нықтау.*

**НЫҒЫТУ** *Нығыт етістігінің қимыл атауы.*

**НЫЖАТ** [ар. نجاد] зат. ескі кіт. *Қалыс қалдыру.*

**НЫҚ** сын. **1.** *Бекем, орнықты, берік.* **2.** ауыс. *Анық, айқын.*

**Нық басты.** *Салмақты болып, өзіне сенімді жүрді.*

**НЫҚА=** ет. сөйл. ***Ныға.***

**НЫҚТА=** ет. **1.** *Берік етіп нығыздау, нығырлау.* **2.** ауыс. *Қадап айту, нақтылау.*

**НЫҚТАЛ=** ет. *Нығыздалу, нығарлану.*

**НЫҚТАЛУ** *Нықтал етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚТАН=** ет. *Нығарлану, ыңғайлану.*

**НЫҚТАНУ** *Нықтан етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Нықтай түсу, нақтылау.*

**НЫҚТАҢҚЫРАУ** *Нықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚТАУ**[1] сын. *Мықтырақ, беріктеу.*

**НЫҚТАУ**[2] *Нықта етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚТЫ** сын. жерг. *Мықты, бекем.*

**НЫҚТЫҚ** зат. *Беріктік, мықтылық, бекемдік.*

**НЫҚЫР=** ет. *Шымбайына батыра айту; сөзбен ықтыру, тықсыру.*

**НЫҚЫРТ=** ет. *Тықсырту, тежеу.*

**НЫҚЫРТУ** *Нықырт етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚЫРУ** *Нықыр етістігінің қимыл атауы.*

**НЫҚЫТ=** ет. сөйл. ***Нықыр.***

**НЫҚЫТУ** *Нықыт етістігінің қимыл атауы.*

**НЫМ**[1] зат. жерг. *Дым, ылғал.*

**НЫМ**[2] зат. *Жарты, жарым.*

**НЫМША** зат. этн. жерг. *Кеудеге киетін жеңсіз киім, кеудеше.*

**НЫМШИРЕК** зат. *Бір нәрсенің сегізден бірі, ширегі.*

**НЫП-НЫҚ** сын. **1.** *Өте берік, орнықты, нығыз.* **2.** ауыс. *Ап-анық, салмақты.*

**НЫРАЙ** сын. *Дымсыз, еш нәрсесі жоқ.*

**Нырай қалды.** *Дымсыз қалды, құралақан қалды.*

**НЫРАЙЫ** сын. ескі кіт. ***Нырай***.

**НЫРДАЙ** сын. сөйл. *Дымдай.*

**НЫСАЙ** зат. жерг. **1.** *Пиғыл, ниет, ой.* **2.** *Тұр, қалып, сыңай.*

**НЫСАН**[1] зат. **1.** *Белгілі бір зат, бізден тыс өмір сүретін материалдық дүние.* **2.** *Бір іс-әрекеттің орны, мекеме, кәсіпорын, шаруашылық не қорғаныс мақсатындағы телім т.б.* **3.** ғылым. *Белгілі бір іс-әрекет бағытталған не зерттеуге, бақылауға арналған зат, құбылыс.*

**НЫСАН**[2] зат. *Ерінге түсетін жара.*

**НЫСАНА** зат. **1.** *Көздеп ату үшін алынған қарауыл, белгі.* **2.** спорт. *Сопақша тақтайларға жапсырылып, бетіне дөңгелек белгілер салынған қағаз немесе ұшатын табақтар.* **3.** әск. *Қарсыластың жойылуға белгіленген нысаны.* **4.** ауыс. *Алға міндет етіп қойған мақсат.*

**Нысанаға алды**. а) *Мылтық сияқты оқпен атылатын қаруын бір нәрсеге қарай бағыттады, көздеді.* ә) *Меңзеді, ишарат білдірді.* б) *Мақсат етті, межеледі.* **Нысанаға шаншылма.** *Біреудің көздер жеріне айналма, көзге түспе.* **Нысанадағы тесік.** спорт. *Нысанадағы оқ тиген тесіктер.* **Нысанадағы шар.** спорт. *Бильярдтағы ұратын шардан басқа шарлар.* **Нысана етті.** *Алдына мақсат қойды.* **Нысана көздеу.** спорт. *Ататын және пневматикалық қарумен, орбалет атудан, сол сияқты садақ тартудан жарысатын ежелгі спорт ойындарының бірі.* **Нысана көздеу стенді.** спорт. *Стенд атуға арналған спорт амбары.* **Нысананы көрсету.** әск. *Нысананың орналасқан орнын қысқаша, айқын, түсінікті етіп көрсету.*

**НЫСАНААТЫМ: нысанаатым жер.** *Оқ жетерлік қашықтық.*

**НЫСАНАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені көздеу, нысана ету.* **2.** <нем. Visier>*Көру түтікшесін қашықтықтағы белгілі бір нысанаға бағыттау, көз мөлшермен кескіндеу.*

**НЫСАНАЛАУ** *Нысанала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көздеу, нысана ету.* **2.** *Көру түтікшесін қашықтықтағы белгілі бір нысанаға бағыттау, көз мөлшермен кескіндеу.*

**НЫСАНАЛЫ**[1] сын. **1.** *Нысанаға алынған, көзделген, белгіленген.* **2.** ауыс. *Белгілі бір бағыттағы, арнайы, нақтылы.*

**Нысаналы пайдалану**. *Бағышталған орнымен пайдалану, басқа мақсатқа жібермеу.*

**НЫСАНАЛЫ**[2] сын. *Бірегей, өзгеше туған.*

**НЫСАП** [ар. انصاف] зат. *Тойымдық, тоқмейілдік, қанағат.*

**Нысап бере гөр.** *Қанағат, тойымшылық бер деген мағынадағы тілек.* **Нысап жоқ**. *Қанағат жоқ, тойымсыз.* **Нысаптан безген**. *Қанағатсыз, тойымсыз.* **Нысап тұтты.** *Қанағат етті, барға разы болды.*

**НЫСАПСЫЗ** сын. *Тойымсыз, ашкөз, қанағатсыз.*

**НЫСАПСЫЗДЫҚ** зат. *Көзі тойымсыздық, ашкөздік, қанағатсыздық.*

**НЫСАПТЫ** сын. *Көзі тойғыш, қанағатшыл.*

**НЫСАПТЫЛЫҚ** зат. *Барға қанағаттанушылық, ашкөзденбеушілік.*

**НЫСПЫ**[1] зат. *Адамның аты-жөні, есімі.*

**НЫСПЫ**[2] үст. *Түк, мүлде, атымен.*

**Ныспы [ныспысымен] жоқ.** *Түк жоқ, дәнеме, атымен жоқ, тып-типыл.*

**НЫСПЫЛА=** ет. *Атау беру, атау.*

**НЫСПЫЛАУ** *Ныспыла етістігінің қимыл атауы.*

**НЫШАН** [ир. نیشان] зат. **1.** *Бір нәрсенің белгісі, көрінісі.* **2.** психол. *Қабілеттіліктің қалыптасуының алғышарты болып табылатын ағзаның анатомиялық-физиологиялық және негізінен орталық жүйке жүйесінің ерекшеліктері.* **3.** *Мемлекеттік белгі, рәміз.*

**Нышан білдірді [берді, көрсетті].** *Ниет байқатты; белгі берді.*

**НЫШАНА** зат. сөйл. ***Нышан*** *(бір нәрсенің белгісі).*

**НЫШАНАЛЫ** сын. *Айрықша белгісі бар.*

**НЫШАНАСЫЗ** сын. *Еш белгісі жоқ, нышансыз.*

**НЫШАНАСЫЗДЫҚ** зат. *Нысанасы жоқтық, нышансыздық.*

**НІДӘ** зат. ескі кіт. *Хабар, хабар-ошар.*

**НІЛ** зат. **1.** *Көк шөптің, ағаш жапырағының, тағы басқа өсімдіктердің сөлі, шырыны, бояуы.* **2.** *Көк түсті бояу.*

**Ніл қара көк.** *Шымқай қара көк, көкпеңбек.*

**НІЛДЕ=** ет. *Бір нәрсені көгілдір, көкшіл түсті бояуға салу, сонымен бояу.*

**НІЛДЕЙ** сын. *Ашық көк, көкпеңбек.*

**Нілдей бұзылды**. *Аяқ астынан айнып қалды, тез өзгерді, құбылды.*

**НІЛДЕН=** ет. *Көкшіл түсті бояуға салынып, бояну.*

**НІЛДЕНУ** *Нілден етістігінің қимыл атауы.*

**НІЛДЕТ=** ет. *Нілмен бояту.*

**НІЛДЕТУ** *Нілдет етістігінің қимыл атауы.*

**НІЛДЕУ** *Нілде етістігінің қимыл атауы.*

**НІМШЕ** зат. жерг. ***Нымша.***

**НІМӘ** есім. сөйл. *Не, немене, не нәрсе.*

**НЭПМАН** зат. тар. совет. *Жаңа экономикалық саясат (НЭП) кезіндегі саудагер, алыпсатар.*

**НЬЮС-МЕЙКЕР** [ағыл. news – жаңалық, make – жасау] зат. публ. *Елдің қоғамдық-саяси өміріне елеулі ықпал ететін экономика, биржалық, кәспкерлік іс, саясат, мәдениет, ғылым, білім, өнер қайраткерлері.*

**НЬЮС-РЕЛИЗ** зат. экон. *Клиенттің шарт тақырыбы жөнінде кең ақпарат алуына мүмкіндік беретін тауар туралы не компания туралы техникалық деректер.*

**НЬЮТОН** зат. физ. *Ағылшын физигі И.Ньютонның есіміне орай аталатын бірліктердің халықаралық жүйесіндегі күштің өлшеу бірлігі.*

**Ньютон заңы.** физ. *Ньютон тұжырымдаған классикалық механиканың негізгі заңы.*

**НЭТ-ТЕРМЗ** зат. *Кеме жалдауға қойылатын шарт.*

**НЮАНС** [франц. nuance] зат. *Бір нәрседегі сәл ғана айырмашылық, нәзік ерекшелік.*

# О

**О**[1] зат. лингв. **1.** *Тілдің кейін жиырылып, еріннің дөңгеленуі арқылы жасалатын еріндік, ашық, жуан дауысты дыбыс; фонема.***2.** *Осы ашық дауысты дыбысты таңбалайтын әріп.*

**О**[2] од. **1.** *Адамның алуан түрлі сезімімен байланысты айтылатын одағай сөз.* **2.** *Есіркеп-мүсіркегендікті, жаны ашығандықты, аяушылықты білдіретін одағай сөз.*

**О, бәрекелді**. *Бір нәрсені құптау, мақұлдау, сүйсініп, разылық білдіру үшін айтылады.* **О, дариға.** а) *Таңғалу, масаттану немесе өкіну мағынасында айтылады.* ә) *Аңсау, сағыну мәнінде қолданылатын сөз.* **О, Жасаған [Тәңірі].** *Жаратқан Аллаға, Құдайға жалыну, жалбарыну, өтіну мағынасын білдіру үшін айтылады.* **О, пәлі.** *Таңырқау, таңдануды білдіру үшін айтылады.* **О, тоба [тәуба].** *Бір нәрсеге таңдануды немесе өзіне-өзі шүкіршілікті, қанағат етуді білдіру үшін айтылады.*

**О**[3] есім. *Ол есімдігінің сөйлеу тіліндегі ықшамдалған түрі.*

**О баста [бастан].** *Әуелгі кезде, әуелден, ежелден, алғашқы кезден.* **О бір.** *Сонау, анау кез.* **О ғұрлы [құрлы].** *Оншама, сонша.* **О дүние**. діни. *Діни наным бойынша, адам өлгеннен кейін де тіршілік етеді-міс дейтін ақыреттік өмір, махшар.* **О дүниеге аттанды [кетті, сапар шекті].** *Қайтыс болды, өлді, дүние салды.* **О дүниелік болды.** *Қайтыс болды, көз жұмды.* **О жақ, бұ жақ.** сөйл. *Жан-жақ, айнала, төңірек.* **О жыл.** *Әңгіме болып отырған, өткен жыл.* **О заман да, бұ заман**. *Бұрын-соңды, ілгері-кейінді.* **О қып, бұ қып.** сөйл. *Өйтіп-бүйтіп, амалдап.* **О несі.** *Онысы несі, ол не қылғаны.*

**ОАЗИС** [грек. oasis] зат. геогр. *Шөлдер мен шөлейттердегі өсімдік өсетін көгалды, сулы алқап.*

**ОБ** зат. **1.** *Астықты көлікпен бастырғанда көлікті байлау үшін орнатылған қырман ортасындағы ағаш.* **2.** *Қырмандағы бидайды бастыратын бір топ көлік.* **3.** *Шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы.*

**Об айдау.** *Көлікпен егін бастыру.*

**ОБА**[1] зат. **1.** *Дөңес жерлерге тастан, топырақтан үйіп жасалынған меже, белгі.* **2.** *Өлген адамдар жерленіп, үйінді, төмпешік түрінде жасалған орын.*

**ОБА**[2] зат. **1.** *Өте жұқпалы ауру, індет, дерт.* **2.** мед. <лат. pestis> *Табиғатта түрлі кеміргіштер арқыла таралатын, адамдарға кеміргіштерден, не бүргелерден жұғатын аса қауіпті зоонозды табиғи-ошақты карантиндік жұқпалы ауру.*

**Оба құрты.** зоол. *Оба ауруының таратқышы.*

**ОБАҒАН** сын. жерг. *Ішіп-жемге тойымсыз, ашқарақ, обыр.*

**ОБАДАЙ**[1] сын. **1.** *Оба сияқты, оба тәрізді.* **2.** ауыс. *Томпайған, көтеріңкі.*

**ОБАДАЙ**[2] сын. *Зор індет сияқты.*

**Обадай опты, обырдай опырды.** *Түк қалдырмай сыпырып-сиырды; жалмауыздай жалмады.*

**ОБА-КЕЗІК** зат. мед. *Оба ауруының түрі.*

**ОБАҚАН** зат. саят. *Биік төбеге бұталардан жасалған саят құсын отырғызатын тұғыр.*

**ОБА-ҚОРЫМ** зат. этн. *Өлген адамдар жерленген төбешік, дөңес түріндегі ұмыт қалған зираттар.*

**ОБАҚ-ШҰБАҚ** сын. *Олай-былай; бірде олай, бірде бұлай.*

**ОБАЛ** [ар. وبال] зат. **1.** *Қоршаған ортаға келтірілген зиян, жанды-жансызға жасалған жамандық, жәбір-жапа, қиянат.* **2.** діни. *Мұсылман дініндегі Алла тағаланың жаратқан жанды-жансыз дүниесіне жасаған қиянатты білдіретін сауап категориясының қарама-қарсы ұғымдар жиынтығы.*

**Обал артты**. *Күнәлі болды, қиянат қылды, істеді.* **Обал болды**. *Қиын болды, қиянат болды.* **Обал жасады [қылды].** *Жәбірледі, қиянат етті, қиянатшылық көрсетті.* **Обал жоқ**. *Сауап болды, сол керек, тілегені сол еді, сыбағасын алсын.* **Обалы жібермеді**. *Тақсыретін тартты, зардабын шекті.* **Обалы жібермесін.** қарғ. *Қасіретіне жолыққыр, обалына қалғыр!* **Обалы қанша [қане]**. *Орынсыз кінәлаудың, жазғырудың керегі не.* **Обалы қырық [қырық бір] жылқыға.** *Ұзатылған, қалыңмалға сатылған қыз туралы аянышты өкінішпен айтылып тұр.* **Обалы мойныңа.** *Біреуге жасаған күнә, қиянатың өз басыңа деген мағынада.* **Обалына қалды**. *Қиянат істеді, жазықсызға жапа шектірді; көз жасына қалды.* **Обалынан қорықты**. *Қиянат жасамады, қаймықты, аяғын тартты.* **Обалын арқалады**. *Обалына қалды, біреудің алдында кінәлі болды.* **Обалы не керек [не, нешік].** *Жазықсыз жазғырудың қажеті жоқ деген мағынада.* **Обалы нешік.** *Орынсыз кінәлап қайтесің, жамандаудың реті жоқ; босқа жазғырып керегі не.* **Обалын көтерді**. *Күнәсына қалды, айыпты болды.* **Обалын мойнына алды**. *Жазасын тартты, көтерді.* **Обалың бір Құдайға**. *Осы күйге түскеніңді өзіңнен көр, сені тек Құдай құтқарып, аясын деген мағынада.* **Обалы [өз обалы] өзіне.** *Обал жоқ, өзінен көрсін; бейнетті тапқан өзі, жазасын өзі тартсын деген мағынада.*

**ОБАЛАҚЫН** шыл. *Тіпті, ешбір, түк.*

**ОБАЛДАУ** сын. *Қиянаттау, әділетсіздеу; обалырақ.*

**ОБАЛ-САУАП** зат. этн. пед. *Халықтың ұрпақты әдептілікке, қоршаған ортаға зиян, жамандық, жәбір-жапа, қиянат келтірмей, игілік іс жасауға тәрбиелейтін мұсылман діні қосжақты категориясы негізінде қалыптасқан ұлағатты ұғымы.*

**ОБАЛСУ** *Обалсы етістігінің қимыл атауы.*

**ОБАЛСЫ=** ет. *Жаны ашып аяу, мүсіркеу.*

**ОБАЛСЫН=** ет. сөйл. ***Обалсы.***

**ОБАЛСЫНУ** *Обалсын етістігінің қимыл атауы.*

**ОБАЛЫ** сын. *Обасы бар, оба қойылған.*

**ОБАШЫҚ** зат. *Көлемі кішілеу, кішігірім оба.*

**ОБЕЛИСК** [грек. obeliskos] зат. *Біреудің құрметіне қойылған, жоғары жағы жіңішкелеу сүйірленіп келген, төрт қырлы, биік мәрмәр тас бағана; ескерткіш.*

**ОБЕР-ЛЕЙТЕНАНТ** [нем. Ober – бас, негізгі, франц. lieutenant] зат. әск. *Кейбір елдердегі әскери атақ, шен.*

**ОБЕРТОН** [нем. Obertone] зат. муз. *Негізгі әуенге ерекше реңк беретін қосымша сарын.*

**ОБИ=** ет. *Жансыздану, қақайып қалу.*

**ОБИТ=** ет. *Қалқиту, тұрғызу.*

**ОБИТУ** *Обит етістігінің қимылы.*

**ОБИЮ** *Оби етістігінің қимылы.*

**ОБЛИГАЦИЯ** [лат. obligatio] зат. экон. *Ақша салынғанын және оның иесінің осы бағалы қағаздың атаулы құнын тіркелген пайыздың төленуі жолымен көзделген мерзімде алу құқын куәландыратын бағалы қағаз.*

**ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Облигацияға тән, облигацияға қатысты.*

**Облигациялық крауд.** экон. *Биржа шеңберінде облигациялар бойынша мәмілелермен жұмыс істейтін биржа мүшелері.*

**ОБЛИГО** [итал. obbigo] зат. экон. **1.** *Вексель бойынша берешек сомасы.* **2.** *Вексель бойынша міндеттемелері бар клиенттер тарапынан банкіге берешек есептелетін не клиенттердің банкіге банк операциялары бойынша жиынтық берешегі көрсетілетін банк кітаптары.*

**ОБЛИТЕРАЦИЯ** [лат. obliteratio] зат. биол. *Түтікше орган (мәселен, қан тамыры) қуысының дәнекер ұлпамен тығылып, бітеліп қалуы.*

**ОБЛЫС** [ор. область] зат. *Республика құрамындағы ең ірі әкімшілік- территориялық бөлік, аймақ.* **2.** әкім.-саяси. *Аудандау кезінде табиғи жағдайлары, тарихи қалыптасқан дәстүрі, этникалық немесе экономикалық*

*ерекшеліктері, әкімшілік-саяси мәні т.б. белгілері бойынша бөлінетін қандай да бір аумақтық (табиғи өңір, мемлекет, құрлық, шартты түрде алынған жер, т.б.) бөлік.* **3.** геогр. *Табиғи нысандарының таралуы (зоогеографиялық облыс, флоралық облыс, геосинклиналдық облыс, т.б.) бойынша анықталатын географиялық кеңістік (белдем, белдеу).* **4.** матем. *Евклид кеңістігіндегі жүйелі түрде байланысқан ашық жиын.*

**Облыс әкімі**. қоғ. -саяси. *Облыстың мемлекеттік атқару органдарының басшысы.* **Облыс орталығы.** әкімш. *Әкімшілік-территориялық бөліктегі саяси-әкімшілік орындар орналасқан басты қала.*

**ОБЛЫСТЫҚ** сын. *Облыс көлеміндегі, облысқа қатысты.*

**Облыстық газет.** қоғ. *Әкімшілік-территориялық, бірлік ретіндегі бір облыс көлемінде таратйын мерзімді басылым.*

**ОБ: об шапты.** жерг. кәс. *Ұзын аудың екі жағын бірдей алып төкті.*

**ОБРАЗ** зат. әдеб. *Өмір шындығының көркем шығармадағы, өнердегі жинақталған әдеби кейпі, бейнесі.*

**ОБРАЗДА=** ет. *Көркемдеп бейнелеу, кейіптеу.*

**ОБРАЗДАУ** *Образда етістігінің қимыл атауы.*

**ОБРАЗДЫ** сын. әдеб. *Бейнелі, мәнерлі, айшықты.*

**ОБРАЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Образдылық***.

**ОБРАЗДЫЛЫҚ** зат. *Бейнелілік, көркемділік.*

**ОБРОГАЦИЯ** [лат. obrogatio] зат. құқық. *Ескі заңға іштей өзгерістер енгізу.*

**ОБСЕРВАТОРИЯ** [лат. observare] зат. **1.** астр. *Растхана, астрономиялық, метеорологиялық бақылау жүргізетін ғылыми мекеме.* **2.** ғылым. *Жүйелі бақылау жүргізетін, астрономиялық, магниттік, метеорологиялық, сейсмикалық және т.б. сондай-ақ мамандыққа сай құралдармен жабдықталған ғылыми орын.*

**ОБСКУРАНТ** [лат. obscurans] зат. ғылым. *Обскурантизмді қолдайтын, ғылымға, оқуға қарсы кісі.*

**ОБСКУРАНТИЗМ** [лат. obscurans] зат. ғылым. *Ғылым мен оқуға өте жау қарсылықпен қарау, қараңғылық.*

**ОБСЦЕНДІ: обсценді лексика** [obscenus] лингв. *Әдепсіз фразеология мен лексика.*

**ОБУ** *Об етістігінің қимыл атауы.*

**ОБШАРҚА** зат. жерг. *Қой қырқатын жер.*

**ОБЪЕКТ** [лат. objectum] зат. **1.** филос. *Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүние, нысан.* **2.** *Белгілі бір жұмыс (құрылыс) істеліп жатқан жер.*

**Объект ұқсастырғыш.** инф. <ағыл. entity indentifier> *Жүйе ішінде объектіні бірмәнді анықтайтын мәліметтер элементі.* **Объектілерді байланыстыру және енгізу.** инф. < ағыл. linkage and introduction of objects> *Мәтінді, графиканы, электрондық кестелердің үзінділерін, дыбыстық хабарларды және т.б. қамтитын құрама құжаттармен жұмыс істеуге Microsoft корпорациясы әзірлеген технология.* **Объектілерді ендіру және байланыстыру технологиясы.** инф. < ағыл. object linking and embedding (OLE)> *Microsoft фирмасы жасаған қолданбалы бағдарламалар арасында объектілер алмасу технологиясы [OLE технологиясы бойынша құрамалы құжатпен байланысқан объектілер сол құжат құрамында сақталмай, ондағы сілтеме арқылы ғана түпнұсқадағы объектімен байланысып тұрады. Егер байланыстағы объект өзгертілсе, құжаттағы оның бейнесі де өзгереді. Құжаттағы сілтемені пайдалану объект орналасқан негізгі бағдарламаны іске қосады. OLE технологиясы мәтін, графика, дыбыс және т.б. объектілермен жабдықталған құрамалы құжаттар жасауға мүмкіндік береді].* **Объектілер класы.** инф. <ағыл. class object> *Бір немесе бірнеше параметрлері бойынша біріккен объектілер тобы.*

**ОБЪЕКТИВ** [лат. objectivus] зат. физ. *Оптикалық құралдың, аспаптың бетіндегі шынысы, әйнегі.*

**ОБЪЕКТИВИЗМ** [лат. objectum] зат. саяс. **1.** *Қоғамдық ғылымдардың, идеялардың және теориялардың таптық және партиялық мәнін бүркемелеу үшін қолданылатын әдіс.* **2.** филос. *Негізінде әлеуметтік-саяси «бейтараптылық» таным, әлеуметтік-сынақтылық баға, құндылық және мақсаттар туралы пікірлер, дүниетанымдық және адамгершілік мәселелерді тану бағдары жатқан дүниетанымдық позиция.*

**ОБЪЕКТИВТІ** сын. **1.** *Нысан ретінде адамның санасынан тыс, оған тәуелсіз, өз бетінше өмір сүретін, материалдық дүниеге тән.* **2.** *Нақты, әділ, ақиқат, дәлелді.*

**ОБЪЕКТИВТІК** сын. *Дәлелді, нақты, әділ.*

**Объективтік ақиқат**. филос. *Білімнің адамға да, адамзатқа да тәуелсіз мазмұны.* **Объективтік модульдер кітапханасы.** инф. <ағыл. object module library> *Объективтік модульдерге арналған кітапхана.* **Объективтік септік**. лингв. *Толықтауыш қызметін атқаратын жанама септік.*

**ОБЪЕКТИВТІЛІК** зат. *Дәлелді нақтылық, ақиқаттық.*

**ОБЪЕКТІЛІК** зат. ғылым. **1.** *Адамның өмір сүруіндегі санасы мен бостандығына қарамастан оның ақиқаты, заттардың қарым-қатынасы мен ерекшелігі.* **2.** *Объектілік ақиқатқа сай негізделген алаңсыз, алдын ала шешілмеген білім мазмұны.*

**Объектілік архитектура.** инф. <ағыл. object architecture> *Процестер, енгізу-шығару операциясы, файлдар объекті ретінде ұсынылатын жүйелер архитектурасы.* **Объектілік бағдарлама.** инф. <ағыл. object program> *Орындауға болатын шығыс бағдарламасы.* **Объектілік код**. инф. <ағыл. object code> *Машинамен тікелей орындалуға пайдаланылатын мәшинелік кодтағы программа.* **Объектілік модуль.** инф. <ағыл. object module> *Алғашқы модульді компиляциялаудың нәтижесі болып табылатын бағдарламалық модуль.* **Объектілік тіл.** инф. <ағыл. object language> *Объектілік бағдарламаларды өрнектеуге әзірленген шығыс тілі.* **Объектілік файл.** инф. <ағыл. object file> а) *Бағдарламалардың алғашқы нұсқасынан ассемблермен немесе копиляторемен аудару арқылы қалыптастырылған объектілік код, ол бұдан кейін құрастырғыш (linker) бағдарлама арқылы әрі қарай өңделеді.* ә) *Бір немесе бірнеше объектілік модульдері бар аударғыштың шығыс файлы.* **Объектілік ЭЕМ.** инф. <ағыл. target computer> *Бағдарламалық жасақтама жазуға арналған компьютер [Бұл термин негізінен бағдарламалар кросс-компилятор көмегімен бағдарлама тағайындалған компьютерден басқа компьютердің типінде жазылғанда қолданылады].*

**ОБЫҒУ** *Обық етістігінің қимыл атауы; араны ашылу.*

**ОБЫҚ=** ет. **1.** *Араны ашылып құнығу, ашқарақтану, қомағайлану.* **2.** ауыс. *Жем болу, талану.* **3.** ауыс. *Талау, жабылу.*

**ОБЫҚТЫР=** ет. **1.** *Құнықтыру, ашқарақтандыру.* **2.** ауыс. *Арандату.*

**ОБЫҚТЫРУ** *Обықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОБЫЛ=** ет. *Құлау, жығылу.*

**ОБЫЛУ** *Обыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОБЫР**[1] сын. **1.** *Көзі тоймайтын ашқарақ, қомағай, жебір.* **2.** миф. *Тірі адам бейнесінде көрінетін, адамдардың ас-ауқатын ішіп кететін аруақ; түрлі кейіптегі қорқынышты құбыжық.* **3**. *Тойымсыз, алпауыт.*

**Обыр дерт**. *Ел-жұртты не малды қырып салатын жұқпалы ауру.* **Обыр көшіп, орда қонған**. жерг. *Аласапыран, қуғын-сүргін мезгіл.* **Обыр обыды.** *Жалмауыздай жалмады, сүліктей сорды.* **Обыр шегіртке**. ауылшар. *Ауылшаруашылығына зиянды тік қанатты шегіртке, жебір шегіртке.* **Обыр шегірткелер тұқымдасы**. *Обыр шегірткелер түріне жататын шегірткелер.* **Обыр шығыпты**. миф. *Өлген кісі тіріліп келіп сол үйдің асын ішіп кетеді деген діни нанымға байланысты айтылады.*

**ОБЫР**[2] зат. сөйл. *Орындаушы.*

**ОБЫРДАЙ** сын. **1.** *Обыр сияқты, обыр тәрізді.* **2.** *Жалмаңдаған, ашқарақ, қомағай.*

**Обырдай опты.** *Обырдай жалмады, түк қалдырмай сыпырып-сиырды.*

**ОБЫР-ЖЕМҚОР** зат. жағымсыз. *Тойымсыз, алғанын азсынатын, парақор, жемқор адам, топ.*

**ОБЫРЛАН=** ет. *Ашқарақтану, қомағайлану; жемқорлану.*

**ОБЫРЛАНУ** *Обырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОБЫРЛАР** зат. биол. *Тірі және өлі қатты заттарды қармап, олардыерітіп жоятын жануарлар ағзасындағы ерекше жасушалар.*

**ОБЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Тамақсаулық, қомағайлық.* **2.** ауыс. *Қанағатсыздық, місе тұтпаушылық.*

**ОБЫР-ОҚПЫН** зат. *Оппа, ішіне тартып кететін ми жер.*

**ОБЫРЫҚ** зат. жерг. *Қайыққа көлденең қағылған, адам отыратын тақтай.*

**ОБЫС=** ет. *Бірге шабысу, бірге талап жесу.*

**ОБЫСУ** *Обыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОВАРИЕКТОМИЯ** зат. мед. *Аналық жыныс безін алып тастау үшін қолданылатын операция.*

**ОВАЦИЯ** [лат. ovatio] зат. *Ұран тастап, салтанатты түрде ұзақ ду қол шапалақтау.*

**ОВЕРБОТ** зат. экон. *Нарықта тауардың сатып алынғыштық деңгейі.*

**ОВЕРДРАФТ** [ағыл. overdraft] зат. экон. *Банк пайдаларманының шоты бойынша қаражатты есептен шығару арқылы берілетін, соның нәтижесінде дебет сальдосы қалатын қысқа мерзімді кредит нысаны.*

**ОВЕРЛЕЙЛІК: оверлейлік файлдар.** инф. *Дискідегі көлемд бағдарламалық файлдың орындалуы кезінде оның бірнеше шағын бөліктерге бөлініп, жедел жадқа біртіндеп келіп, кезектесе атқарылуы.*

**ОВЕРНАЙТ** зат. экон. *Келесі жұмыс күніне дейінгі мерзімдік мәміле.*

**ОВЕРСАЙД-ДЕЛИВЕРИ** зат. экон. *Кеме жеткізген жүкті тікелей лихтерге не басқа кемеге борт-борт нұсқасы бойынша өткізу шарты.*

**ОВЕРСОЛД** зат. экон. *Тауардың нарыққа көп түсу салдарынан бағасының күрт төмендеуі.*

**ОВЕРТАЙМ** [ағыл. overtime] зат. экон. *Кемеге жүк тиеу не түсіру жұмысы жүргізілген мерзімнен тыс уақыт.*

**ОВЕРХЕД** зат. экон. *Бизнестің өндіріспен, тауарды сатуға, қызмет көрсетуге қатысы жоқ шығыны.*

**ОВИНА** зат. вет. *Шешек ауруын тудыратын тірі вирустан жасалатын, осы ауруды мал денесіне дарытпау үшін қолданылатын биопрепарат.*

**ОВИЦИДТЕР** зат. хим. *Зиянкес жәндіктер мен кенелердің жұмыртқаларын жоюға қарсы қолданылатын улы химикатты заттар.*

**ОВОСКОП** зат. физ. *Құс жұмыртқаларын жарыққа ұстап қарап, олардың сапасын анықтау үшін қолданылатын құрал.*

**ОВОЩ** [ор. овощ] зат. сөйл. ***Көгөніс.***

**ОВОЩТЫҚ** сын. сөйл. ***Көгөністік.***

**ОГНЕМЕТ** ор. зат. әск. *Жанғыш сұйық зат шашушы соғыс құралы.*

**ОГОРОД** [ор. огород] зат. ***Бақша*** *(үй жанындағы көгөніс өсіретін жер).*

**ОГОРОДТЫҚ** сын. сөйл. ***Бақшалық.***

**ОҒАН** зат. жерг. *Бүркіт.*

**ОҒАТ** сын. **1.** *Өрескел, ерсі. // Оғаштық, ерсілік.* **2.** *Бөтен, бөгде.* **3.** ауыс. *Өрескел іс, өкініш.*

**ОҒАШ**[1] сын. **1.** *Ерсі, дөрекі, өрескел, сөлекет.* **2.** ауыс. *Жеке-дара, бөлек, оқшау.*

**ОҒАШ**[2] үст. жерг. *Өте, тым, аса.*

**ОҒАШТАН=** ет. **1.** *Ерсі қылық көрсету, дөрекілену.* **2.** ауыс. *Даралану, бөлектену, өзін бөтен санау.*

**ОҒАШТАНУ** *Оғаштан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҒАШТАУ** сын. **1.** *Ерсілеу, өрескелдеу.* **2.** ауыс. *Оқшаулау, өзгешелеу.*

**ОҒАШТЫҚ** зат. **1.** *Іс-әрекеттегі өрескелдік, ерсілік.* **2.** *Заттың бойындағы артық-кем жер, селкеулік.*

**ОҒДЫ** зат. ескі кіт. ***Уәде.***

**ОҒЛАН** зат. ескі кіт. **1.** *Ертеректегі түркі-моңғол халықтарында хан титулына ие болмаған Шыңғысханның ұрпағына берілген ресми атақ.* **2.** *Кейініректе Қырым, Астрахань хандықтарында, Шағатай ұлысында, Ақордада жалпы билеуші әулеттің жоғары әкімшілік не әскери қызметін атқаратын ұрпақтары ие болатын титул.*

**ОҒЛЫ** зат. ескі кіт. *Ұлы, баласы.*

**ОҒРЫ** зат. ескі кіт. ***Ұры.***

**ОҒЫЗ** зат. *Орта ғасырларда Орталық Азияда өмір сүрген, түрік тілдес тайпалар.*

**ОҒЫЛ** зат. кіт. ***Ұл.***

**ОҒЫП-БҰҒЫП** үст. сөйл. *Өйтіп-бүйтіп, ілдалдалап.*

**ОДА** [грек. ode] зат. әдеб. *Көркем әдебиеттегі көтеріңкі пафоста жазылған поэзиялық шығарма.*

**ОДАҒАЙ**[1] сын. **1.** *Ебедейсіз, қолапайсыз.* **2.** *Дөрекі, тұрпайы.*

**ОДАҒАЙ**[2] зат. лингв. *Кісінің көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөз табы.*

**ОДАҒАЙЛА=** ет. **1.** *Өз алдына жеке-даралап бөлектеу, бөліну, шеттеу, оқшаулану.* **2.** *Оқшаулану, айрықша көзге ұру.*

**ОДАҒАЙЛАН=** ет. *Жеке-даралану, бөлектену, оқшаулану.*

**ОДАҒАЙЛАНУ** *Одағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОДАҒАЙЛАУ**[1] сын. **1.** *Оғаштау, ерсілеу, дөрекілеу, тұрпайылау.* **2.** ауыс. *Оқшаулау, өзгешелеу.*

**ОДАҒАЙЛАУ**[2] *Одағайла етістігінің қимыл атауы.*

**ОДАҒАЙЛЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсенің бойынан байқалатын ерсілік, тұрпайылық, дөрекілік.* **2.** ауыс. *Оқшаулық, селкеулік.*

**ОДАҚ** зат. **1.** *Қоғамдық топтардың, жеке адамдардың тығыз ұйымдасқан бірлестігі.* **2.** *Бір жақ, бір бөлек, бір топ.* **3.** совет. тар. *Кеңес еліндегі мемлекеттік бірлік.* **4.** *Белгілі бір мақсатты бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттер арасында жасалатын бітім, келісім, шарт негізіндегі еларалық бірлестік.*

**Одақ болды**. *Бір жақ болды, одақтасты.* **Одақ жасады.** *Келісім жасап, бітімге келіп бірікті.* **Одақ құрды.** *Белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдасты, бірікті, топтасты.* **Одақ Советі**. тар. *КСРО Жоғарғы Кеңесінің тең құқықты екі палатасының бірі.*

**ОДАҚТАС** сын. **1.** *Бір одаққа енетін, бір одақ құрайтын.* **2.** *Ниеті бір, жақтас, серіктес.*

**Одақтас республикалар**. тар. совет. *Өзара тең құқықтық негізінде КСРО құрамына бірлескен Социалистік Федерацияның жоғарғы формасы.* **Одақтас Совет Республикасы**. тар. совет. *Кезінде КСРО-ға біріккен жұмысшылар мен шаруалардың тәуелсіз социалистік мемлекеті.*

**ОДАҚТАС=** ет. *Бір одаққа бірігу, ұйымдасу, топтасу.*

**ОДАҚТАСТЫҚ** зат. **1.** *Одақтас болушылық, ұйымдасушылық.* **2.** *Ниеттестік,серіктестік.*

**ОДАҚТАСТЫР=** ет. *Одаққа жинау, топтастыру.*

**ОДАҚТАСТЫРУ** *Одақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОДАҚТАСУ** *Одақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ОДАҚТЫҚ** сын. тар. совет. *Кеңестер Одағы көлеміндегі, одаққа тән, соған қатысты.*

**Одақтық мемлекет**. саяси. *1999 ж. 8 желтоқсанда Белорусь және Ресей Федерациясы Президенттері қол қойған Одақтық мемлекет құру жөніндегі келісімшартта белгіленген мемлекеттік құрылымның атауы.*

**ОДАНАЛАУ** сын. жерг. *Ерсілеу, одағайлау, оғаштау.*

**ОДАН: одан зор.** *Бәрінен де асып түсетін, бұдан да артық.*

**Одан артық қорлық бар ма.** *Мен үшін осы да жеткілікті, ауыр, азап нәрсе осы деген мағынада.* **Одан әрі**. *Бұрынғыдан да бетер, әуелгіден де күшті.* **Одан сайын.** *Үсті-үстінен.*

**ОДАН-БҰДАН** үст. **1.** *Әр жерден, анадан-мынадан.* **2.** *Оны-мұныдан, әртүрлі заттардан, нәрселерден.*

**ОДАНДЫҚ** зат. жерг. *Ерсілік, оғаштық.*

**ОДАНЫ** сын. **1.** *Оғаш, ерсі, тұрпайы.* **2.** жерг. *Тілазар, қыңыр.*

**ОДЕКОЛОН** [франц. eau de cologne] зат. *Әдетте ер адамдар себінетін жұпар аңқитын иіссу, әтір.*

**ОДЕЯЛ** ор. зат. сөйл. *Жүннен, мақтадан тоқылған жұқа, жылы, жеңіл жамылғы.*

**ОДОРАНТТАР** зат. хим. *Жағымсыз иіс беретін агенттер, негізінен құрамында күкірті бар қосылыстар.*

**ОДОРАЦИЯ** зат. хим. *Тұрмыстық және технологиялық газдардың сыртқа бөлініп жатқанын білдіру үшін газға немесе ауаға белгілі бір қауіптілікті білдіретін иіс беру.*

**ОДЫР** сын. *Дүңк етпе, томырық, ұрда жық (мінез).*

**ОДЫРАЙ=** ет. **1.** *Бірдеңеден (біреуден) сескеніп қорыққанда, таңданғанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау.* **2.** сөйл. *Оқшаулану, даралану, бөлектену; бадыраю.* **3.** *Шодыраю.* **4.** *Білеулену, бұлтию.*

**ОДЫРАЙТ=** ет. *Едірейту, қоқырайту.*

**ОДЫРАЙТУ** *Одырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРАЙЫС=** ет. *Едірейісу, қоқырайысу.*

**ОДЫРАЙЫСУ** *Одырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРАҚ** сын. сөйл. *Одыраңдаған, қоқаңдаған.*

**ОДЫРАҚТА** = ет. *Одыраңдау, қожаңдау.*

**ОДЫРАҚТАУ** *Одырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРАҢ** елік. **1.** *Көздің бақшыраюы сияқты әдеттен тыс, ебедейсіз, дөрекі қимылды бейнелейтін сөз. Содыр, сотқар, оспадар. // Дүңк етпе, аусар, ожар.*

**Одыраң етті**. а) *Көзі шатынап жалт қарады, адыраң етті.* ә) *Ежірейіп бұрыла қарады.*

**ОДЫРАҢДА=** ет. **1**. *Оқыс қимылдап, одыраң-одыраң ету; қоқаңдау.* **2.** *Үркіп тоңқу, тапырақтау.* **3.** ауыс. *Қожаңдау, қоқаңдау, дікіңдеу.*

**ОДЫРАҢДАС=** ет. *Одыраң-одыраң ету, одыраңдасу.*

**ОДЫРАҢДАТ=** ет. *Қоқыраңдату, қоқаңдату.*

**ОДЫРАҢДАТУ** *Одыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРАҢДАУ** *Одыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРАҢ-ОДЫРАҢ** елік. *Адыраңдаған, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. // Қолапайсыз, икемсіз.*

**Одыраң-одыраң етті.** *Адыраңдады, икемсіз қимылдады.*

**ОДЫРАЮ** *Одырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОДЫРЛЫҚ** зат. *Дөрекілік, дүңк етпелік, тоң мінезділік.*

**ОЖАР** сын. **1.** *Алды-артына, бас-көзге қарамайтын, ұрда-жық.* **2.** *Оғаш, дөрекі, ерсі.* **3.** ауыс. *Оқшау, алабөтен.*

**Ожар қимыл.** *Дөрекілеу әрекет, ебедейсіз қозғалыс.*

**ОЖАРЛАН=** ет. *Оғаш мінез көрсету, дөрекілену; ерсілену.*

**ОЖАРЛАНУ** *Ожарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖАРЛАУ** сын. *Қимыл-қозғалысы, мінезі өрескелдеу, дөрекілеу.*

**ОЖАРЛЫҚ** зат. *Қимыл-қозғалыстағы тұрпайылық, мінездегі дөрекілік, өрескелдік, ерсілік.*

**ОЖАУ** зат. **1.** *Сұйық нәрсені құюға арналған сабы бар ас құралы, кішкене шөміш.* **2.** тех. *Жер қазатын, көмір, топырақ салатын экскаватордың үлкен, металл шөміші.*

**ОЖАУДАЙ** сын. **1.** *Ожау тәрізді, ожау сияқты.* **2.** ауыс. *Шұңғыл, үлкен.*

**ОЖАУЛА=** ет. *Ожаумен құю, шөміштеу.*

**ОЖАУЛАУ** *Ожаула етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖАУЛЫ** сын. *Ожауы бар, ожау орнатылған.*

**ОЖАУША** зат. *Кішірек ожау.*

**ОЖДАН** зат. сөйл. ***Ұждан.***

**Ожданы жетпеді.** *Ұялды, ар-ұяты жібермеді.*

**ОЖЕ-СПЕКТРОСКОПИЯ** зат. физ. *Электрондық спектроскопияның бір саласы.*

**ОЖОЛТ** зат. спорт. *Бүгілген қолмен денеге соққы дарыту.*

**ОЖЫРАЙ=** ет. **1.** *Көзді әдеттен тыс кең ашып, адырая қарау; ажыраю.* **2.** ауыс. *Ерекше көріну, оқшауланып көзге түсу.*

**ОЖЫРАЙЫС=** ет. *Адырайысу, ажырайысу, бақшиысу.*

**ОЖЫРАЙЫСУ** *Ожырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖЫРАҢДА=** ет. *Ерсі мінез көрсету, адыраңдау.*

**ОЖЫРАҢДАУ** *Ожыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖЫРАҢДАС=** ет. *Ожыраң-ожыраң етісу.*

**ОЖЫРАҢДАСУ** *Ожыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖЫРАҢ-ОЖЫРАҢ** елік. *Адыраң-адыраң еткен, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ожыраң-ожыраң етті.** а) *Адыраңдап, қолапайсыз қимылдады.* ә) *Елеңдеді, елең-елең етті.*

**ОЖЫРАЮ** *Ожырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОЖЫР-БҰЖЫР** сын. жерг. *Бұжыр-бұжыр.*

**ОЗ=** ет. **1.** *Алға шығу, ілгері кету.* **2.** ауыс. *Еңбек жарысында табысқа қолы жету, үздік шығу.* **3.** ауыс. *Асу, арту, өту, ерен шығу.* **4.** ауыс. *Уақыт жылжып, заман өту, ілгері кету.*

**Оза көшіп, кең жайлады.** *Арқаны кеңге салып, емін-еркін дәурен сүрді.* **Оза шапты.** *Қатардан озды, асып түсті.*

**ОЗА** ар. сын. *Сығылысқан, ұйысқан.*

**ОЗАҒАН** сын. жерг. *Жүйрік, озғыш.*

**ОЗАЛДА** үст. жерг. *Баяғыда, әуелде.*

**ОЗАН**[1] зат. *Айқай, шу.*

**Озан салды.** *Айқайлады, шу шығарды.* **Озан ұран.** *Айқай, ұран.*

**ОЗАН**[2] зат. *Жырау.*

**ОЗАНДА=** ет. *Созып дауыс шығару.*

**ОЗАНДАУ** *Озанда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗАҢ** зат. сөйл. ***Озан.***

**ОЗАҢДА=** ет. *Үздіксіз дауыс шығарып, мазаны алу, құлаққа тыным бермеу.*

**ОЗАҢДАТ=** ет. **1.** *Шулату, айқайлату; даусын созып шақыру.* **2.** *Қайта-қайта ұлу.*

**ОЗАҢДАТУ** *Озаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗАҢДАУ** *Озаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗАТ** сын. *Алдыңғы қатарлы, озық, үздік.*

**Озат ойлы.** *Озық пікірлі, білімді; өресі биік.*

**ОЗАТТЫҚ** зат. *Алдыңғы қатарлылық, озықтық, үздік шығушылық.*

**ОЗБАЛЫ: озбалы муфта.** мәшинежас. *Айналу моментін бір бағытқа беруші және қарама-қарсы бағытқа бос қатысты айналуды жіберуші өзін-өзі басқаратын муфта.*

**ОЗБЫР** сын. *Жәбір көрсетуші, зорлықшы; зұлым.*

**ОЗБЫРЛАН=** ет. *Озбырлық көрсету, қатыгездену.*

**ОЗБЫРЛАНУ** *Озбырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗБЫРЛАУ** сын. *Зорлықшылдау, қатыгездеу, залымдау.*

**ОЗБЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Жәбір көрсетушілік, зорлық-зомбылық, зұлымдық, жауыздық.* **2.** саяси. *Озбырлық нысанын мәжбүрлеу мақсатында күш қолдану немесе қолданамын деп қоқан-лоқы көрсету.*

**ОЗБЫРШЫ** зат. *Зұлымдық жасаушы, зорлық-зомбылық етуші.*

**ОЗҒАН** сын. жерг. ***Өткен.***

**ОЗҒАР=** ет. жерг. ***Өткізу.***

**ОЗҒАРУ** *Озғар етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗҒЫЗ=** ет. *Оздыру, алға шығару.*

**ОЗҒЫЗУ** *Озғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗҒЫН** сын. *Алдыңғы қатарлы, озық, озат.*

**ОЗҒЫНДА=** ет. *Озыңқырау, ілгерілеу, озып шығу.*

**ОЗҒЫНДАТ=** ет. *Ілгерілету, оздырту.*

**ОЗҒЫНДАТУ** *Озғындат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗҒЫНДАУ**[1] сын. *Озықтау, озаттау.*

**ОЗҒЫНДАУ**[2] *Озғында етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗДЫР=** ет. **1.** *Ілгерілету, алдыға шығарту.* **2.** *Өткізу.*

**ОЗДЫРТ=** ет. **1.** *Ілгерілету, алдыға шығарту.* **2.** ауыс. *Шығармашылық еңбегін тарату.*

**ОЗДЫРТУ** *Оздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗДЫРУ** *Оздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗДЫРЫЛ=** ет. сөйл. ***Өткізіл.***

**ОЗМЫШ: жазмыштан озмыш жоқ.** діни. *Тағдырдың дегені болады деген мағынада.*

**ОЗОКЕРИТ** [грек. ozo — иіс шығу, keros — балауыз] зат. геол. *Түсі сары, қоңыр, жасыл болып келетін, лак бояу өнеркәсібінде, медицинада т.б. қолданылатын тау балауызы, битумдар тобының минералы.*

**ОЗОН** [грек. ozon] зат. хим. *Оттегінің үш атомынан құрылатын көгілдір түсті газ; ауа.*

**Озон бұзғыш заттар.** хим. *Зарарсыздандыратын, қышқылдандыратын қасиеті бар оттектің түрленген түрін өзгертетін заттар.*

**ОЗОНАТОР** зат. хим. **1.** *Оттектен озон өндіруде қолданылатын арнаулы құрылғы.* **2.** *Озондайтын қондырғы.*

**ОЗОНДА=** ет. хим. **1.** *Органикалық қосылыстарды озонмен озонидтер түзе тотықтыру.* **2.** *Реакция жүріп жатқан ортадағы кейбір құрауыштарды тотықтыру және ортаны зарарсыздандыру үшін озонмен өңдеу.*

**ОЗОНДАУ** *Озонда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗОНИДТЕР** зат. хим. **1.** *Құрамына О-з ионы кіретін бейорганикалық қосылыстар тобы; күшті тотықтырғыштар.* **2.** *Қатайтқыш, ағартқыш т.б. ретінде қолданылатын, құрамында =С-О-О-С= атомдық топтамасы бар органикалық қосылыстар тобы, күшті тотықтырғыштар.*

**ОЗОНТҰРАҚТЫЛЫҚ** зат. хим. *Деформацияға ұшыраған резеңкелердің озон әсерінен шытынауға қарсы тұруы сипаты.*

**ОЗУ** *Оз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЗУШЫ** зат. *Ілгері кетуші, үздік шығушы.*

**ОЗЫҒЫРАҚ** сын. **1.** *Ілгерірек, біраз алда.* **2.** *Үздіктеу, озаттау.*

**ОЗЫҚ**[1] сын. *Алдыңғы қатарлы, маңдайалды, артық, үздік, озат.*

**Озық мерген.** *Атқан оғы әрқашан дәл тиетін, өте мерген адам.* **Озық пікірлі.** *Алдыңғы қатарлы көзқарастағы адам туралы.* **Озық технология.** *Алдыңғы қатардағы технология.*

**ОЗЫҚ**[2] үст. *Ілгері, ерте, алда.*

**ОЗЫҚТАУ** сын. *Артықтау, ерекшелеу, үздіктеу.*

**ОЗЫҚТЫҚ** зат. *Үздік шығушылық, алдыңғы қатарда болушылық, артықшылық.*

**ОЗЫҢҚЫ** сын. *Озықтау, ілгерірек.*

**ОЗЫҢҚЫЛАУ** сын. *Сәл озыңқы, артықтау; сорайыңқыраған.*

**ОЗЫҢҚЫРА=** ет. *Ілгерілеңкіреу, едәуір алға шығыңқырау.*

**ОЗЫҢҚЫРАУ** *Озыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙ**[1] зат. **1.** *Объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым.* **2.** *Ақыл, ес.*

**Ой ағымы.** *Ой желісі, ойлау.* **Ой арнасы.** *Ой -пікір желісі, жүйесі, өзегі.* **Ой астары.** *Көкейдегі жасырын сыр; сөзбен берілген пайымның ішкі мазмұны.* **Ой ауды.** *Көңілі әр нәрсеге ауытқыды.* **Ой әдісі.** *Ойлау тәсілі.* **Ой басты.** *Қалың ойға қалды, ой азабына түсті.* **Ой бернесі [пернесі].** *Ой жүйесі.* **Ой биледі.** *Терең ойға батты, көп ойланды.* **Ой бөлді.** *Бір нәрсеге назар аударды, ынта қойды.* **Ой бөлісті.** *Пікірлесті, ойларын айтты.* **Ойға алды.** а) *Есіне түсірді, ойлады.* ә) *Мақсат тұтты, көздеді.* б) *Елеп-ескерді, санасты.* **Ойға батты [қалды, түсті, шомды].** *Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.* **Ойға батырды.** *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды.* **Ойға енді.** *Есіне түсті, ойға келді.* **Ойға келді.** *Белгілі бір тұжырымға, тоқтамға келді.* **Ойға кетті.** *Өткен-кеткенді еске түсірді.* **Ойға кетіңкіреді.** *Басқа ой ойлады, пікірін өзгерте бастады.* **Ойға көмілді.** *Қалың ойға шомды, ой басты.* **Ойға қалды.** *Әрі-бері ойлап басын қатырды, уайым жеді.* **Ойға қалдырды.** *Ойландырды, ой салды.* *Ойға малтыды.* бейн. *Көп ойланды, небір ойға берілді.* **Ойға қонымды.** *Ақылға, көңілге сыйымды; түсінікті.* **Ойға олақ.** *Ойы таяз, ақылсыз, ақылы келте.* **Ойға оралды.** *Еске түсті.* **Ойға салды.** а) *Ойландырды, ойға қалдырды.* ә) *Еске түсірді, үйретті.* **Ойға түсті.** а) *Ойға берілді.* ә) *Еске келді, еске түсті.* **Ойға тізді.** *Егжей-тегжейлі еске түсірді, өткенді бүгежігесіне дейін еске алды.* **Ойға шомды.** *Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.* **Ойға шомдырды.** *Ойландырды, неше түрлі ойға жетелетті.* **Ойда болды.** *Есінде сақтады, ұмытпады.* **Ойдағы жоқ.** *Ойға келмеген, күтпеген (нәрсе).* **Ойда дәнеме [дым] жоқ.** а) *Жаман ой, ниет жоқ.* ә) *Ештеме жоқ, қаннен-қаперсіз, алаңсыз.* **Ойда жоқ жерден [жерде, жоқта].** *Аяқ астынан, күтпеген жерден, кенеттен, тосыннан.* **Ойдан ағытты.** *Ойдан шығару туралы.* **Ойдан баз кешті.** *Көңілден түңілді.* **Ойдан кетпеді.** *Ұмытпады, естен шықпады.* **Ойдан шығарды.** *Жанынан шығарып айтты, ойдан құрастырды.* **Ойдан шықпады [кетпеді].** *Ұмытылмады, есте қалды, жадында сақталды.* **Ойдан шықты.** а) *Ұмыт болды, естен кетті.* ә) *Көңілдегідей болды, ойлағанындай болды.* б) *Ойлады, ойлап болды.* **Ой дариясына малтықты [шалды].** поэт. *Терең ойға берілді, ойға шомды.* **Ой дәмін [дәмінен] татты.** *Ойға беріліп кетті.* **Ой дүниесі.** *Ақыл-ой жемісі, сана, рухани әлем.* **Ойды [ойын] жүдетпеді.** *Ойды толық жеткізді.* **Ойды қозғады.** *Көңілді тербетті, ойды түрткіледі.* **Ойды ой қозғайды.** *Ойдан ой туады.* **Ойды тарқату.** *Тартып айту, баяндау.* **Ойды үнемдеу принципі.** филос. *Танымның ақиқат өлшемін максимум білімге минимум таным құралдары арқылы жетуге болады деп білетін Мах және Авенариус енгізген субъективті-идеалистік көзқарас.* **Ой екпіні.** лингв. *Белгілі бір сөзге (мағынаға) баса көңіл аудару үшін, оны сөйлемдегі басқа сөздерден өзгешелеп айтатын екпін.* **Ой елегінен өткізді [елегіне салды].**

*Еске түсіріп салмақтады, іштей жан-жақтылы талдады.* **Ой елеуіші**. *Ой елегі, ойталқысы.* **Ой емді**. *Ой кернеді, мазалады.* **Ой еңбегі [жұмысы]**. *Шығармашылық еңбек, зияткерлік кәсіп.* **Ой жемісі**. *Ойлау нәтижесі.* **Ой жетпейді**. *Ой жеткісіз, болжап болмайды.* **Ой жүгіртті**. *Әр жайды ойша барлады, шолу жасады.* **Ой жіберді**. *Ой жүгіртті, ойланды.* **Ой исінер**. *Ой тоқтатар, ойға қонар.* **Ой келді**. *Пікір туды.* **Ой кернеді**. *Ой биледі.* **Ой кешті**. поэт. *Үнемі ой үстінде жүрді.* **Ой көзі**. *Ойы, санасы, ояу көкірек, зейін.* **Ой көзімен тыңдады**. *Зейін салды, ынта қойды.* **Ой кірді**. *Ақыл-есі, сана-сезімі өсті.* **Ой қажытты**. *Ой шаршатты.* **Ой қамады**. *Ой басты, ойсоқты болды.* **Ой қамалады**. *Ой басты, қаптады.* **Ой қозғарлық**. *Ой саларлық.* **Ой қорытындысы**. пед. *Бірқатар пайымдаулар салыстырылып қорытылатын ойлау нысандарының бір түрі.* **Оймен тон пішті**. *Сыртынан шешім айтты.* **Ой ойлады [қылды]**. *Бір нәрсені мақсат етті, армандады.* **Ой өлкесі**. *Ой өрісі, ішкі дүниесі.* **Ой сабақтау**. *Ой өрбіту, ойын айту, пайымдау.* **Ой салды [тастады]**. *Ойландырды, толғандырды.* **Ой таппады**. *Іздемеді, ойланбады.* **Ой тербетті**. *Ойға батты, ой, қиял жетеледі.* **Ой тереңіне сүңгулі**. *Терең ойға шомған, ойға батқан.* **Ой тиегі**. *Түйткіл, кілтипан, күдік.* **Ой тоқтатты**. а) *Тұрақты пікірге, бір тоқтамға келді.* ә) *Ер жетті, ақылы кірді.* **Ой туды [түсті]**. *Жаңа пікір пайда болды.* **Ой түбіне жетпеді [жете алмады]**. *Көп ойланды, ой ұшығын ұстай алмады.* **Ой түбіне жетті**. *Ойланып-ойланып, нақты бір шешімге келді.* **Ой түйгізді**. *Түйсіндірді, ойға келтірді.* **Ой түйді**. *Ойын жеткізді, тұжырымдады.* **Ой түкпірін ақтарды**. *Түпкі ой-мүддесін жайып салды, сырын айтты.* **Ой түрмесі**. поэт. *Ой шырмауы.* **Ой түсті**. а) *Еске әр нәрсе келді, өткенді еске алды.* ә) *Ақылы кірді, ойланды.* **Ой ұшы**. *Ойдың түйіні, тоқ етері.* **Ой шығару**. *Ойлай білу.* **Ой шырмады**. *Ой иектеді, мазасын алды.* **Ойы ауды**. *Көңілі бөлінді, алаң болды.* **Ойы бар**. *Көңілі, ниеті бар, іштей қалады.* **Ойы басқа [бөлек]**. *Өзге пікірде, жұрт ұйғарған пікірден шет.* **Ойы бөлінді**. *Ойы басқа нәрсеге ауды.* **Ойы бұзылды**. а) *Бұрынғысынан айныды.* ә) *Көңілі ауды, есі кетті, мазасынан айырылды.* **Ойы бір жерден шықты**. *Ойлары бір болды, мүдделес, пікірлес болды.* **Ойы дал-дал болды**. *Ойы сан саққа шашырады, жүйесізденді.* **Ойы кетті**. *Көңілі ауды.* **Ойына алды [алмады]**. *Есіне түсірді, ескерді.* **Ойына келгенін істеді [қылды]**. *Не істеймін десе де өзі білді, еркінсіді.* **Ойына келді**. *Есіне түсті, жадына келді.* **Ойына кіріп те шықпады [кіріп-шықпады]**. *Қаперіне де ілмеді, керек қылмады, мән бермеді.* **Ойынан шықты**. *Көңілдегідей болды, діттегені орындалды.* **Ойына салды**. *Есіне түсірді.* **Ойына түсірді**. *Есіне алды, ойлады.* **Ойына түсті**. *Ойына келді, есіне келді.* **Ойын ашқан жоқ**. *Өз пікірін ашып айтпады, ойлаған ойын жасырды.* **Ойын бөлді**. *Көңілін басқаға аударды, ойын шатастырды.* **Ойын бұзды**. *Ойын бөлді, ой желісін үзіп кетті.* **Ойында қалды**. *Жадында, көңілінде сақтады.* **Ойын жұлымдады**. *Ойын сан-саққа жүгіртті, шым-шытырық етті.* **Ойын ортаға салды**. *Жұрттың ойын білгісі келді, пікірлесті, ашық сөйлесті.* **Ойын тербетті**. *Көңілін аялады, сезімін оятты.* **Ойы онға бөлінді**. *Не істерін білмеді, дел-сал болды.* **Ойы онға, санасы санға бөлінді**. *Не істерін білмей, дәл-сал болды, басы қатты.* **Ойы таза**. *Бөтен ойы жоқ, жат ойдан аулақ.* **Ойы тарылды**. *Не істерін білмей дағдарды, қапа болды, қайғырды.*

**ОЙ**[2] зат. **1**. *Ойпаң, ойыс, төмен жер.* **2.** ауыс. *Қала, қалалы жер.*

**Ой батпағы**. геогр. *Жаңбыр жиі жауатын, жерасты суы жер бетіне жақын жататын жердегі шөп, бұта, ағаш қалдықтарынан пайда болатын ылғалды жер телімінің түрі.* **Ойға да, қырға да шықты [ұшты]**. *Бармаған жері жоқ.* **Ойдағы жұрт, қырдағы жұрт**. *Жазық пен таудағы ел, бүкіл халық.* **Ой желке**. *Шоқтығы биік, желкесі аласа.* **Ой мен қырға көз жіберді**. *Айналасына алыстан бажайлап зер салып, тереңінен ойланды, жан-жақтағыларды түгел ескерді.*

**ОЙ**[3] од. *Кісінің көңіл күйін білдіруде қолданылатын одағай сөз.*

**Ой, бауырым!** этн. *Ер адамдардың жақын адам қазасына дауыс шығарып, жылап келгенде айтылатын сөзі.* **Ой, бауырымдады**. этн. *Ер адамдар кісі өлген үйге ат қойып, дауыстап жылап келді.* **Ой бауырымдау**. а) *Бауырым екенсің ғой, білмей қалыппын деген мағынада айтылатын сөз.* ә) этн. *Қайтыс болған адамды жоқтап, дауыс шығарып жылауы.*

**ОЙ=** ет. **1**. *Шұңқырлап қазу, үңгу.* **2.** *Қашау.* **3.** ауыс. *Озу, басым болу.*

**ОЙ-АҚЫЛ** зат. *Ақыл, ес, зейін.*

**ОЙ-АРМАН** зат. *Негізгі тілек, мақсат, мүдде.*

**ОЙБАЙ** од. *Қорыққанда, сасқанда, шошынғанда немесе басқа да күйге түскендегі сезімін, күйін білдіру үшін айтылатын одағай сөз.*

**Ойбай, көтек**. қарап. *Әйелдердің ерсі көріністен шошығанда не таңырқағанда айтатын сөзі.* **Ойбайға басты**. *Айғай салды; айқайлап жылады; ойбайлады, бақырды.* **Ойбай салды**. *Бақырды, айқай салды.*

**ОЙБАЙЖАПЫРАҚ** зат. жерг. *Мал жемейтін ащы шөп түрі.*

**ОЙБАЙЛА=** ет. **1**. *Ойбай-ойбай деп дауысты қатты шығарып бақыру, айғайлау.* **2.** ауыс. *Байбалам салу, шыр-шыр ету.*

**ОЙБАЙЛАС=** ет. *Байбалам салысу, бақырысу, айғайласу.*

**ОЙБАЙЛАСУ** *Ойбайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙБАЙЛАТ=** ет. *Байбалам салдыру, бақырту, айғайлату.*

**ОЙБАЙЛАТУ** *Ойбайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙБАЙЛАУ** *Ойбайла етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙБАЙШЫ** зат. *Ойбайлап байбалам салушы.*

**ОЙБАЙШЫЛ** сын. *Айқайшыл, даурықпа.*

**ОЙҒАН=** ет. ескікіт. *Ояну.*

**ОЙҒАНУ** *Ойған етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҒЫ** сын. жерг. *Төменгі, ойдағы.*

**ОЙҒЫЗ=** ет. *Ойдыру, қаздыру.*

**ОЙҒЫЗУ** *Ойғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҒЫЛА=** ет. *Шұқырлап қазу, үңгу.*

**ОЙҒЫЛАТ=** ет. *Ойдыру, қаздыру.*

**ОЙҒЫЛАТУ** *Ойғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҒЫЛАУ** *Ойғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҒЫШ** сын. *Оятын, оя алатын.*

**ОЙДАҒЫ** сын. *Бауырдағы, етектегі, төмен жердегі.*

**ОЙДАҒЫДАЙ** үст. *Көңілдегідей, ойлағандай.*

**ОЙДАҒЫ-ҚЫРДАҒЫ** сын. *Әр жердегі, алыс-жақындағы.*

**ОЙДАЙ** үст. жерг. *Көп, орасан.*

**Ойдай еңбек**. *Қыруар жұмыс.*

**ОЙДАН-ҚЫРДАН** үст. *Әр жақтан, шартараптан; анан-мұнан.*

**ОЙДӨЙТ** од. *Пәлі, шіркін; ойхой.*

**ОЙДЫМ** сын. **1**. *Ойылмалы, шұңқырлау (жер), тегіс емес, біркелкі емес.* **2.** *Шоқ, бір бөлек, шұбар.*

**ОЙДЫМ-ОЙДЫМ** сын. **1.** *Ойқы-шойқы, ойлы-қырлы, шұңқырлы; тегіс емес.* **2.** *Бөлек-бөлек, үзік-үзік.*

**ОЙДЫР=** ет. **1.** *Ойғызу, қазғызу.* **2.** ауыс. *Көзін шығарту, соқыр қылу.*

**ОЙДЫРТ=** ет. *Ойғыздырту; шұңқыр-латтыру.*

**ОЙДЫРТУ** *Ойдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙДЫРУ** *Ойдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙДЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Әлі де ойдыра түсу, қаздыра түсу.*

**ОЙДЫРЫҢҚЫРАУ** *Ойдырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙ-ЖОТА** зат. *Таулы аймақтың тегіс емес, ойлы-қырлы, биік-аласа алқабы.*

**ОЙКУМЕНА** [грек. oikumene] зат. геогр. *Жер бетінің адам баласы қоныстанып, игерген аумағы.*

**ОЙКУМЕНАЛАН=** ет. геогр. *Адам баласының жер бетін игеруі, мекеніне айналдыруы.*

**ОЙКУМЕНАЛАНУ** *Ойкуменалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙКҮЙЕЗ** сын. *Енжар, селқос.*

**ОЙКҮЙЕЗДЕН=** ет. *Енжарлану, селқостану.*

**ОЙКҮЙЕЗДЕНУ** *Ойкүйезден етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҚАН-ТОЙҚАН** үст. жерг. *Астан-кестен.*

**ОЙҚАСТА=** ет. **1.** *Бір жерде тұрмай ойнақшу, орағыту.* **2.** ауыс. *Көзге түсу үшін, біреудің көңілін аудару үшін паңданып, маңғазданып, қыр көрсету.*

**ОЙҚАСТАТ=** ет. *Ойнақшыту.*

**ОЙҚАСТАТУ** *Ойқастат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҚАСТАУ** *Ойқаста етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙ-ҚИЯЛ** зат. *Адамның асқақтаған ойы мен армандаған қиялы.*

**ОЙҚОЙ** од. *Көңіл күйіне байланысты айтылатын сөз.*

**ОЙҚҰМАР** сын. *Ойшыл.*

**ОЙҚЫ** сын. *Кедір-бұдыр, қисық; тегіс емес.*

**ОЙҚЫЛ** сын. *Ойдым, ойпаң, ойыс (жер).*

**ОЙҚЫЛДАН=** ет. *Ойыстану, шұңқырлану.*

**ОЙҚЫЛДАНУ** *Ойқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙҚЫЛДАУ** сын. *Ойыстау, шұңқырлау.*

**ОЙҚЫЛДЫҚ** зат. *Ойыстық, ойдымдық, ойпаңдық, шұңқырлық.*

**ОЙ-ҚЫР** зат. *Ой да, қыр да, ой мен қыр.*

**ОЙҚЫ-ШОЙҚЫ** сын. **1.** *Кедір-бұдыр, тегіс емес, ойыстау.* **2.** ауыс. *Қалай болса, солай, жатық емес.*

**ОЙЛА=** ет. **1.** *Пайымдау, топшылау.* **2.** *Армандау, қиялдау.* **3.** ауыс. *Қамтамасыз ету.*

**Ойлаған жерден шықты**. *Ойындағыдай болды, ойына дөп келді.* **Ойлағаны болды**. *Ойына алғаны орындалды, ойындағысы болды.* **Ойламаған жерден**. *Ойда жоқта, кенеттен.* **Ойлап бақ**. *Ойла, ойға сал.*

**ОЙЛАҒАНДАЙ** сын. *Есептегендей, дегендей.*

**ОЙЛАҒЫШ** сын. *Көп ойлайтын, ой үстінде жүретін, ойлампаз.*

**ОЙЛАМАЛДА=** ет. сөйл. *Байымдау, тұжы- рымдау.*

**ОЙЛАМАЛДАУ** *Ойламалда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАМПАЗ** сын. *Көп ойлайтын, ойланғыш.*

**ОЙЛАН** = ет. **1.** *Ақылға салу, байымдау.* **2**. *Ойға түсу, ойға берілу.*

**ОЙЛАНБАЙ-ТОЛҒАНБАЙ** үст. *Адамның бір істі бас қатырып, алды-артын ойланып, пысықтап алмастан бастап жіберуі.*

**ОЙЛАНҒЫШ** сын. *Ойлампаз, көп ойлайтын.*

**ОЙЛАНДЫР=** ет. *Ақылға салдыру, еске түсірту, толғандыру.*

**ОЙЛАНДЫРТ=** ет. *Ойға қалдыру, ойлаттыру.*

**ОЙЛАНДЫРТУ** *Ойландырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНДЫРУ** *Ойландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНТ**= ет. *Ақылға салдырту, толғанту.*

**ОЙЛАНТУ** *Ойлант етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНУ** *Ойлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНЫЛ**= ет. *Ақылдастырылу, ақылдасылу.*

**ОЙЛАНЫЛУ** *Ойланыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНЫҢҚЫРА**= ет. **1.** *Ойлана түсу, еске түсіріңкіреу, ақылға салыңқырау.* **2.** ауыс. *Бөгеліңкіреу.*

**ОЙЛАНЫҢҚЫРАУ** *Ойланыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНЫС**= ет. *Ақылдасу, бірігіп ақылға салу, толғанысу.*

**ОЙЛАНЫП-ТОЛҒАН=** ет. *Бір іске кіріспес бұрын алды-артын ұзақ ойланып, әбден пысықтау.*

**ОЙЛАНЫП-ТОЛҒАНУ** *Ойланып-толған етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАНЫСУ** *Ойланыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАП-ОЙЛАП** үст. *Көп ойланып.*

**ОЙЛАП-ПІШ**= ет. *Ойланып-толғану, жобалау, мөлшерлеу.*

**ОЙЛАП-ПІШУ** *Ойлап-піш етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАС** сын. *Ойы бір жерден шығатын, пікірлес.*

**ОЙЛАС**= ет. *Ақылдасу, пікірлесу, кеңесу.*

**ОЙЛАСТЫР**= ет. *Қарастыру, іздестіру.*

**ОЙЛАСТЫРУ** *Ойластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАСТЫРЫЛ**= ет. *Қарастырылу, іздестірілу.*

**ОЙЛАСТЫРЫЛУ** *Ойластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАСУ** *Ойлас етістігінің қимыл атауы; ақылдасу, кеңесу.*

**ОЙЛАТ**= ет. *Толғанту, ойландыру.*

**ОЙЛАТТЫР=** ет. **1.** *Еске түсірттіру, ойландырту.* **2.** *Ойша құрастырту, таптырту.*

**ОЙЛАТТЫРУ** *Ойлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАТУ** *Ойлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛАУ**[1] зат. **1.** филос. *Объективті қоршаған дүниені субъектінің мақсатқа бағындыра заттың және құбылыстардың маңызды байланыстарын және қатынастарын белсенді бейнелеудің жоғарғы түрі.* **2.** ғылым. *Мақсатқа сәйкес және жалпыланған субъектілік танымалдың өмір сүрерлік байланыстары мен құбылыстарының және заттар қатынасының объективті болмысындағы жоғары формасының белсенді көрінісі.* **3.** биол. *Адамның алдында тұрған міндеттерді орындауға не тығырықтан шығудың жолдарын саналы түрде табуға бағытталған әрекеттері кезіндегі ми қыртысы қызметінің ең күрделі түрі.* **4.** психол. *Ақиқат дүниенің мида жанама түрде ұғымдар арқылы барлық қасиет, байланыс, қатынастармен бейнеленуі.* **5.** әлеум. *Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мимызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.*

**ОЙЛАУ**[2] сын. *Ойыстау, шұңқырлау, төмендеу.*

**Ойлауды модельдеу**. инф. ағыл. <thinking simulation> *Компьютердің көмегімен адамның ақыл-ой қызметін ұқсату.* **Ойлау заңдары**. филос. *Ойлаудың тиімділігін арттыруға қолданылатын ережелер [Ойды анықтайтын принциптер және қолданылатын ережелер, ойдың өзінде емес, реалдығына немесе идеалдығына қарамастан оның пәнінде].* **Ойлау мәдениеті**. пед. *Адамның ақыл-ой қызметінің әдіс-амалдарын, нормалары мен ережелерін меңгеру дәрежесі.* **Ойлауды дамыту.** пед. *Оқушылардың білімдік ақпаратты сұрыптау, жүйелеу, синтездеу сияқты т.б. психикалық операцияларын жетілдіру.*

**ОЙЛАУ**[3] *Ойла етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЛЫ**[1] сын. **1.** *Сана-сезімі мол, есті, саналы.* **2.** *Сыры бар, мәні терең, ой алғандай.*

**Ойлы көз.** а) *Ойға батқан, терең ойға шомған жанар.* ә) *Зейін, зерде.* **Ойлы пішін.** *Ойға шомған кескін.*

**ОЙЛЫ**[2] сын. *Тегіс емес, ой-шұңқыры бар, кедір-бұдыр.*

**ОЙЛЫҚ** зат. жерг. *Ояң, ой жер.*

**ОЙЛЫ-ҚЫРЛЫ** сын. *Тегіс емес, кедір-бұдырлы.*

**ОЙЛЫЛЫҚ** зат. *Саналылық, ақылдылық, естілік.*

**ОЙЛЫ-ШҰҢҚЫРЛЫ** сын. *Тегіс емес, кедір-бұдыр.*

**ОЙМА**[1] зат. этн. қолөнер. *Етіктің қоныш пен басы қосылатын жер.*

**ОЙМА**[2] сын. **1.** *Ойып жасалған, ойылған.* **2.** өнер. *Ағашты, тасты, сүйекті ойып, көркемдеп өңдеу; ағашқа, тасқа, сүйекке ойып салынған сурет, өрнек.* **3.** кен. *Жерасты қазбалары қабырғасындағы ағаш және басқа да материалдарды сақтауға, ысырмалық шығырларды, бұрғылау білдектерін, станоктарын орналастыруға керекті ойық.* **4.** баспа. *Графика түрі [Рельефті суреттің басқа оттискі болып саналады, көрініс тақтаға оюлау арқылы түседі].*

**Ойма жазу**. *Бір нәрсенің бетіне, сыртына жазылған жазу (кітап сыртындағы немесе тастағы көне жазулар).* **Ойма құдық**. жерг. *Аузы тар кішкене құдық.* **Ойма таз**. а) *Шашы әр жерінен ойдым-ойдым болып түсіп қалған таз.* ә) *Шағын ғана тегіс (жер).*

**ОЙМАКІЛТЕК: оймакілтек ажарлайтын білдек.** машинежас. *Түрпілі дөңгелектер мен ойма кілтектік беттерді таза өңдеуге арналған білдек.*

**Оймакілтек жоңғылау.** машинежас. *Бұрамдық жонғышпен баптау әдісі бойынша оймакілтек беттерді өңдеуге арналған білдек.* **Оймакілтек қосылыс.** машинежас. *Шығыңқылар мен ойымдардың тікбұрышты пішіндегі тісті қосылысы.*

**ОЙМАКІЛТЕКТІ** сын. *Оймакілтегі бар, оймакілтек орналасқан.*

**Оймакілтекті бұрандалы тығын.** машинежас. *Бұрауыштың астында тілігі бар бұрандалы тығын.* **Оймакілтекті сомын**. машинежас. *Қосалқы сомынды кілттің сыртқы цилиндрлік бетінде орын алған тікбұрышты ойықты дөңгелек сомын.*

**ОЙМАҚ** зат. қолөнер. *Іс тіккенде қолға ине кірмес үшін сұқ қолдың не ортан қолдың басына киетін, жезден, темірден, былғарыдан жасалған құрал.*

**Оймақ ауыз**. бейн. *Кішкентай әдемі ауыз.* **Оймақ ауыз, құмай көз.** *Бет бейнесі келіскен, әдемі.*

**ОЙМАҚ-БОЯУ** зат. көне. *Косметикалық бояу атауы.*

**ОЙМАҚТА**= ет. **1.** *Оймақпен өлшеу, оймақ-оймақ етіп бөлу.* **2.** ауыс. *Шектеу, тежеу.*

**ОЙМАҚТАЙ** сын. экспр. *Кішкентай, титтей, құртақандай.*

**ОЙМАҚТАЛ=** ет. *Оймақ сияқты дөңгелене түсу.*

**ОЙМАҚТАЛУ** *Оймақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМАҚТАУ** *Оймақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМАҚША** зат. *Оймақ тәрізді кішкене нәрсе.*

**ОЙМАЛА**= ет. *Бір нәрсені ойып кесу.*

**ОЙМАЛАУ** *Оймала етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМАЛЫ** сын. *Оюлы, өрнекті, бедерлі.*

**ОЙМАУЫТ**[1] зат. жерг. *Ойдым, ойпат жер.*

**ОЙМАУЫТ**[2] зат. *Халықтың түрлі тобы.*

**ОЙМАШ** зат. жерг. *Нанның бір түрі.*

**ОЙМЫШ** зат. *Ағашқа, сүйекке, тасқа ойып түсірген бедер, ою.*

**ОЙМЫШ-ӨРНЕК** зат. *Тас, ағаш, мата, металл, қағаз, киіз т.б. заттардың бетіне бәдіздеп, оймыштап, кестелеп салынатын түрлі сызық, бейне үлгілері.*

**ОЙМЫШТА**= ет. *Оюлау, өрнектеу; нақыштау, әшекейлеу.*

**ОЙМЫШТАЛ=** ет. *Өрнектелу, нақышталу, әшекейлену.*

**ОЙМЫШТАЛУ** *Оймыштал етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМЫШТАТ**= ет. *Өрнектету, нақыштату.*

**ОЙМЫШТАТУ** *Оймыштат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМЫШТАУ** *Оймышта етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙМЫШТЫ** сын. *Бедерлі, оюлы, өрнекті әшекейлі.*

**ОЙНА=** ет. **1.** *Сауық-сайран салу, көңіл көтеру.* **2.** *Төлдің асыр салып ойнақтауы.* **3.** *Әзілдеу, қалжыңдау.* **4.** *Белгілі бір музыкалық аспапты тарта білу, орындау.* **5.** *Ермек ету.* **6.** өнер. *Белгілі бір кейіпкердің рөлін сахнада орындау, бейнелеу.* **7.** бейн. *Жарқ-жұрқ етіп, сусылдап, жалаңдап тұру (өткір жүзі бар қару, қанжар, қылыш туралы).* **8.** ауыс. *Қуану, қобалжу т.б. көңіл күйдің өзгерісіне қарай адам жүрегінің қатты лүпілдеп соғуы, ауызға тығылуы.* **9.** ауыс. *Шайқасу, алысу, ұрысу, соғысу.*

**Ойнап айтты**. *Қалжыңдап айтты, әзілдеп айтты.*

**ОЙНАҚ** з а т . **1.** *Асыр салып ойнайтын жер; орын.* **2.** ж е р г . *Әскери жаттығу орны.*

**Ойнақ қақты**. *Көзі ойнақшып, бір орында тұрмай құбылды.* **Ойнақ қылды**. *Опыр-топыр етті, астан-кестеңін шығарды, талқандады.* **Ойнақ салды**. *Секірді, асыр салып ойнады.*

**ОЙНАҚТА=** е т. **1.** *Асыр салып, емін-еркін жүгіру, секіру (төл).* **2.** а у ы с . *Әрлі-берлі шапшаң, тез қозғалақтау (көз, саусақ т.б.).* **3.** а у ы с . *Бір орында тұрмау, құбылу.*

**ОЙНАҚТАТ=** е т. **1.** *Асыр салдыру, ойнату, секірту.* **2.** *Көзді әрлі-берлі төңкеріп, шапшаң қозғалақтату, мың құбылту.*

**ОЙНАҚТАТУ** *Ойнақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚТАУ** *Ойнақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚШУ** *Ойнақшы етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚШЫ=** е т. **1.** *Бір орында тұрмау, тыпыршу.* **2.** *Бірқалыпты тыныш тұрмау, қозғалақтау (көз, қабақ, жүрек т.б.).*

**ОЙНАҚШЫТ=** е т. **1.** *Тыпыршыту, қозғалақтату.* **2.** *Көзді әрлі-берлі төңкеріп, мың құбылту.*

**ОЙНАҚШЫТУ** *Ойнақшыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚЫ** с ы н . *Құбылып тұратын; бірқалыпты емес.*

**Ойнақы көз.** *Жалт-жұлт етіп құбылып, бірқалыпта тұрмайтын көз.*

**ОЙНАҚЫЛАН=** е т. **1.** *Адам көзінің әрлі-берлі төңкеріліп мың құбылып ойнақшып тұруы.* **2.** а у ы с . *Көңілдену, қылжақтау.*

**ОЙНАҚЫЛАНДЫР=** е т. **1.** *Көзін ойнақшытып, аударып-төңкеріп, мың құбылту.* **2.** *Денені сергек, жеңіл ұстау.*

**ОЙНАҚЫЛАНДЫРУ** *Ойнақыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚЫЛАНУ** *Ойнақылан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАҚЫЛАУ** с ы н . *Аздап ойнақы, құбылмалылау.*

**ОЙНАҚЫЛЫҚ** з а т . *Ойнап тұрушылық, құбылмалылық.*

**ОЙНАЛ=** е т. **1.** *Ойынның орындалуы.* **2.** *Музыкалық аспаптың тартылуы.* **3.** ө н е р . *Жеке рөлдердің орындалуы.*

**ОЙНАЛУ** *Ойнал етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАМАЛЫ** с ы н . *Құбылмалы, өзгермелі, тұрақсыз.*

**ОЙНАМПАЗ** с ы н . *Ойыншыл, әзілқой.*

**ОЙНАМПАЗДЫҚ** з а т . *Ойыншылдық, әзілқойлық.*

**ОЙНАП-КҮЛ=** е т. **1.** *Ойнау, күлу, көңіл көтеру.* **2.** а у ы с . *Көңіл қосу.*

**ОЙНАП-КҮЛУ** *Ойнап-күл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАРҒЫ** с ы н . к ө н е . *Ойнақы, ойыншыл.*

**ОЙНАС**[1] з а т . *Жасырын көңіл қосатын адам, ашына.*

**Ойнас болды**. *Некелі ерлі-зайыпты адамдардың бөгде бір адаммен немесе әлі некеде емес ер мен әйелдің көңіл қосуы.* **Ойнас қылды**. *Некесіз көңіл қосты, жеңіл жүріс жасады.* **Ойнастан тапқан [туған].** *Ойнас жасап тапқан бала.*

**ОЙНАС**[2]**=** е т. *Бірге ойнау, көңіл көтерісу.*

**ОЙНАСУ** *Ойнас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАСШЫ** с ы н . *Жеңіл жүріске салынған, жүргіш, зинақор.*

**ОЙНАТ=** е т. **1.** *Ойынға қосу, бірге ойнау.* **2.** *Алдандыру, алдаусырату.* **3.** *Музыкалық аспапты тартқызу, музыка қойғызу.*

**ОЙНАТТЫР=** е т. *Көңіл көтерту, сауықсайран құрғызу.*

**ОЙНАТТЫРУ** *Ойнаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАТУ** *Ойнат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАТЫЛ=** е т. *Үнтаспаға жазылған музыканың қойылуы немесе музыкалық аспаптың тартылуы.*

**ОЙНАТЫЛУ** *Ойнатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙНАУ** *Ойна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойын түрін іске асыру, ойынға кірісу, алдану, ойын қызығына түсу.* **2.** *Көңіл көтеру, сауықсайран салу.* **3.** ө н е р . *Кейіпкер рөлін сахнада орындау.*

**ОЙНАУШЫ** з а т . *Ойнататын адам.*

**ОЙ-ӨРІС** з а т . *Адамның дүниетанымы, білім көкжиегі, рухани дүниесі.*

**Ой-өрісі биік.** *Саналы, ақылды.*

**ОЙПАҢ** с ы н . **1.** *Төмен, ойлау жер.* **2.** г е о г р . *Жер қыртысының шөгінді, шөгінді-жанартаутекті таужыныстармен айнала көмкерілген еңіс.*

**ОЙПАҢДАУ** с ы н . *Ойлау, ойыстау.*

**ОЙПАҢДЫ** с ы н . *Ойлы, ойысты.*

**ОЙПАҢДЫҚ** с ы н . *Ойпаңға тән, ойпаңға қатысты.* **Ойпаңдық батпақтар.** с у ш а р . *Жер бедерінің бөліктерінде орналасатын беті тегіс немесе көтеріңкі, дөңестеу болып келетін батпақ түрі.*

**ОЙПАҢ-ТОЙПАҢ** ү с т . *Астан-кестен, ойран-топыр.*

**Ойпаң-тойпаңын шығарды**. *Астан-кестен етті, быт-шыт қылды; бітіріп тастады.*

**ОЙПАТ**[1] з а т . **1.** *Ойыс жатқан жазық жер.* **2.** г е о г р . *Теңіз деңгейінен төмен жатқан жазықтық, ойпаң жер.*

**ОЙПАТ-ЖАЗЫҚ** з а т . *Ойпатты жазық жерлер.*

**ОЙПАТТА** = е т. к ө н е . *Қырып-жою, ойпан-тойпанын шығару.*

**ОЙПАТТАН=** е т. *Ойпаң тарту, төмендеу, ойпатқа айналу.*

**ОЙПАТТАНУ** *Ойпаттан етістігінің қимыл атауы; ойпатқа айналу, ойпаң тарту.*

**ОЙПАТТАУ** с ы н . *Ойпаңдау, төмендеу.*

**ОЙПАТТЫ** с ы н . *Ойдым, төмендеу, ойпаң (жер).*

**Ойпатты батпақ**. с у ш а р . *Жер бедерінің ойпатында, су айрықтарының тоғысқан жерлерінде пайда болатын табиғи процесс; эвтропты балшық.*

**ОЙПАУЫТ** с ы н . с ө й л . ***Ойпаң.***

**ОЙ-ПОЙ** о д. *Көтеріңкі көңіл күйіне байланысты айтылатын сөз.*

**ОЙПЫЛ-ТОЙПЫЛ** ү с т . **1.** *Астан-кестен, опыр-топыр.* **2.** *Алай-түлей, ұйқы-тұйқы, әрісәрі.*

**Ойпыл-тойпылын шығарды.** *Астан-кестен етті, быт-шыт қылды.*

**ОЙПЫР-АЙ** о д. *Таңдану мағынасында айтылатын көңіл күй одағайы; апырай.*

**ОЙПЫРЫМ-АЙ** о д. *Бір нәрсеге таңданғанда, таңырқағанда айтылатын сөз: ой пірім-ай.*

**ОЙПЫРЫМ-АУ** о д. *Ойпырым-ай.*

**ОЙ-ПІКІР** з а т . *Бір нәрсе жайындағы жалпы түсінік, ұғым, пікір.*

**ОЙРАН**[1] [ир. ویران] з а т . *Тас-талқан, бүлікшілік; әлек.*

**Ойран болды**. *Астан-кестені шықты, қирады, бүлінді.* **Ойран етті [қылды]**. *Тас-талқанын шығарды, бүлдірді, күл-талқан етті.* **Ойран салды**. *Тас-талқан етті, күл-талқанын шығарды, қиратты.* **Ойран салдыртты.** *Ойрандатты, астан-кестеңін шығартты.* **Ойранын шығарды.** *Быт-шыт етті, бұзды, берекетін алды.* **Ойраны шықты.** *Быт-шыт болып қирады, күл-талқан болды.*

**ОЙРАН**[2]**: ойран шалбар.** э т н . к ө н е . *Киіктің терісінен кең, мол етіп тігілген шалбар.*

**ОЙРАН-АСЫР** ү с т . *Әлем-тапырық, ойран-топыр.*

**Ойран-асыр болды.** *Астан-кестені шықты, быт-шыт болды.* **Ойран-асыр етті.** *Астан-кестен етті, тас-талқанын шығарды.* **Ойран-асырын шығарды.** *Тас-талқан қылды, астан-кестенін шығарды, быт-шыт қылды.*

**ОЙРАН-БОТҚА** ү с т . *Быт-шыт, былықпа, астан-кестен.*

**Ойран-ботқа болды**. *Астан-кестені шықты, былығып бүлінді.* **Ойран-ботқасын шығарды.** *Быт-шыт қылды, былықтырды.* **Ойран-ботқасы шықты**. *Быт-шыт болды, былығы шықты.*

**ОЙРАНДА=** е т. **1.** *Қирату, бүлдіру, быт-шыт етіп талқандау.* **2.** а у ы с . *Тайраңдау, еркінсу.*

**ОЙРАНДАЛ=** е т. *Қиратылу, быт-шыт етілу, талқандалу.*

**ОЙРАНДАЛУ** *Ойрандал етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙРАНДАС=** е т. *Қиратысу, тас-талқан етісу.*

**ОЙРАНДАСУ** *Ойрандас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙРАНДАТ=** е т. *Қираттыру, тас-талқан еттіру.*

**ОЙРАНДАТУ** *Ойрандат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙРАНДАУ** *Ойранда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙРАН-ДУМАН** з а т . *Той-томалақ, мереке-мейрам, жиындарда болатын түрлі көңілді ойындар, көңіл көтерер күлкілі, тамаша-қызық, көңілді сәттер.*

**ОЙРАН-ТАСЫР** з а т . с ө й л . ***Ойран-ботқа.***

**ОЙРАН-ТОПАН** ү с т . *Астан-кестен, ойран-топыр.*

**ОЙРАН-ТОПЫР** ү с т . *Астан-кестен, быт-шыт, ойран-асыр.*

**Ойран-топыр қылды [етті].** *Тас-талқанын шығарды.* **Ойран-топыры шықты.** *Астан-кестен, быт-шыт болды.*

**ОЙРАНШӨП** з а т . ө с . <лат. ambrosia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік, қызыл түсті бояу алынатын және дәрілік шөп.*

**ОЙРАНШЫЛ** с ы н . *Тас-талқан етуші, ойрандаушы, бүлікшіл (адам).*

**ОЙРАТ** з а т . *Орта ғасырларда Батыс Моңғолияны мекендеген тайпалардың ортақ атауы.*

**ОЙРАШ** з а т . ө с . <лат. ostrovskia> *Қоңыраугүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ОЙ-САНА** з а т . *Ақыл, ес.*

**ОЙСАҢ** ү с т . ж е р г . *Орасан зор, керемет.*

**ОЙСОҚТЫ: ойсоқты болды.** *Көп ойланып шаршады.*

**ОЙСЫЗ** с ы н . **1.** *Ақылсыз, зердесіз, санасыз.* **2.** а у ы с . *Уайымсыз, қайғысыз, алаңсыз.*

**Ойсыз құлақ.** поэт. *Айтқан сөзді ұқпайтын, санасы төмен, ой-өрісі тар адам туралы.*

**ОЙСЫЗДЫҚ** зат. *Ақылсыздық, санасыздық, зердесіздік.*

**ОЙСЫЛҚАРА** зат. миф. **1.** *Ертеде- гі қазақтардың сенім-нанымы бойынша, түйе малының сақтаушысы, пірі.* **2.** *Түйе малы.*

**ОЙСЫРА=** ет. **1.** *Орны толмау, жоқ екені білiну.* **2.** *Бір нәрсенің күрт төмендеуі, азаюы; баудай түсу, күйреу.*

**ОЙСЫРАТ=** ет. **1.** *Күрт төмендету, зардап келтіру.* **2.** *Күйрету, тас-талқан ету.*

**ОЙСЫРАТУ** *Ойсырат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙСЫРАУ** *Ойсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙСЫРАУШЫЛЫҚ** зат. *Зардап шегушілік, бүлінушілік; жетімсіздік, ойсырап тұрушылық.*

**ОЙТАМАҚ** зат. саят. *Саят құсын бірқалыпта ұстау үшін беретін арнайы жем.*

**ОЙТАМЫЗЫҚ** зат. *Ой тудыратын пікір.*

**ОЙ-ТАМЫР** зат. сөйл. ***Жүйке тамыр.***

**ОЙТАҢ** сын. сөйл. ***Ойпаң.***

**ОЙТАҢ-ОЙТАҢ** сын. жерг. ***Ойпаң-ойпаң.***

**ОЙША** үст. *Ойлау арқылы, оймен.*

**ОЙШАҢ** сын. *Ойлы, зерделі.*

**ОЙ-ШЕР** зат. *Ой қайғысы, ішкі күйзеліс.*

**ОЙ-ШҰҚЫР** зат. **1.** *Тегіс емес, ойлы-қырлы, кедір-бұдырлы жер.* **2.** ауыс. *Кем-кетік, кемістік, олқылық.*

**ОЙ-ШҰҚЫРЛЫ** сын. *Кедір-бұдырлы, ойлы-қырлы.*

**ОЙ-ШҰҢҚЫР** зат. сөйл. ***Ой-шұқыр.***

**ОЙ-ШҰҢҚЫРЛЫ** сын. *Ой-шұңқыры көп, ой-шұңқыры бар.*

**ОЙШЫЛ** сын. *Көп ойлайтын, данышпан, дана, кемеңгер.*

**ОЙШЫЛДЫҚ** зат. *Даналық, кемеңгерлік, данышпандық.*

**ОЙЫҚ** зат. **1.** *Мұздың, жердің ойылған жері.* **2.** *Мата сияқты көлемді заттың бір бөлігін ойып кесіп алған тұсы, дөңгелене ойылған кесік.* **3.** этн. *Малдың құлағына салынатын еннің бір түрі.* **4.** кен. *Жерасты қазбасында бір немесе екі жағынан оған жанаса біткен пайдалы қазылымды қазып алғанда пайда болатын кеңістік.* **5.** жерг. *Үйдің қабырғасында ыдыс-аяқ қою үшін жасалатын қуыс, тауша.*

**Ойық тілік ен.** этн. *Тілік еннің бір түрі.*

**ОЙЫҚБАСТЫ: ойықбасты жыландар**. зоол. <лат. crotalidae> *Қабыршақтылар отрядының тұқымдасы.*

**ОЙЫҚТАУ** сын. **1.** *Сәл ғана ойық.* **2.** *Біршама ойылған, ойығы үлкен.*

**ОЙЫҚША** зат. *Кішкентай ойық, шұқырша.*

**ОЙЫЛ[1]=** ет. **1.** *Тесіліп, ойық жасалу.* **2.** *Үй төбесінің т.б. тесіліп, құлауы, ортасына түсуі.* **3.** *Қатып жатқан мұздың ыдырап жарылуы.*

**ОЙЫЛ[2]=** ет. **1.** *Аяқтың, қолдың, мал арқасының қажалып жарақаттануы, жауыр болуы.* **2.** *Ауыз кілегей қабығының күлбіреп, қызаруы.*

**ОЙЫЛДЫР=** ет. *Бедерін кетіру, таптау, астан-кестен ету.*

**ОЙЫЛДЫРУ** *Ойылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЫЛУ** *Ойыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЫМША** үст. *Менің пікірімше, түсінігімше, білуімше.*

**ОЙЫМШАҚ** зат. жерг. *Ою, өрнек, нақыс.*

**ОЙЫН** зат. **1.** *Ойнау үшін жасалатын әрекеттер, қимылдар.* **2.** *Әзіл, қалжың.*

**Ойын алаңы**. *Балалардың ойынына қажетті құралдары бар, балалар ойнайтын жер.* **Ойын баласы**. *Алты-жеті, бес-он жас арасындағы ойыннан басқа алаңы жоқ жас бала.* **Ойын бизнесі**. *Құмар ойындарды (бильярд, казино) ұйымдастырудан, лотерея өткізуден, ойын-сауық, эстрадалық қойылымдарды, сахналық көрсетілімдерді т.б. ұйымдастыру- дан пайда алуға бағытталған бизнес.* **Ойын болды**. а) *Мазақ болды, күлкі болды.* ә) *Ермек болды, ермегіне айналды.* **Ойынға қосу.** спорт. *Волейбол, теннис, үстел теннисінде, бадминтонда т.с.с. ойындарда допқа алғашқы соққы жасап, ойынды бастау.* **Ойынға салынды [ойын қуды].** *Ойынға берілді, көп ойнайтын болды.* **Ойын ережесі.** *Ойнау тәртібі, шарты.* **Ойын көтермеді**. *Қалжыңдағанға, әзілге түсінбей ашу шақырды, өкпеледі.* **Ойын қойды.** *Пьеса көрсетті, концерт берді.* **Ойын ойнады**. *Ойнады, асыр салды.* **Ойын салды**. а) *Асыр салды, ойнады, сайрандады.* ә) *Ұрыс салды, соғысты.* **Ойыны келді.** *Қылжақтап, әзілдескісі келді.* **Ойыны қанды.** *Тамашалап болды, мейірі қанды, ойын-күлкісі бітті.* **Ойының осылғыр [осылсын]!** қарғыс. *Ойынға салынып кеткен балаға айтылатын кейіс.*

**ОЙЫНБҰЗАР** зат. этн. *Ойын тәртібін бұзғаны үшін беретін кәде.*

**ОЙЫН-ДУМАН** зат. *Ойын-сауық, той-думан.*

**ОЙЫНДЫ** зат. *Киімнің жаға, жең орнату үшін ойылған орны.*

**Ойынды ет**. *Бұлшық, кесек ет; сом ет.*

**ОЙЫНДЫ-ШЫНДЫ** сын. *Ойын-шыны аралас.*

**ОЙЫН-ЗЫҚЫР** зат. *Ойын аралас зікір.*

**ОЙЫН-КҮЛКІ** зат. *Сауық-сайран, әзіл-қалжың.*

**Ойын-күлкісі жарасты.** *Әзіл-оспағы үйлесті, сай келді.*

**ОЙЫНҚҰМАР** сын. *Ойыншыл, ойынға берілген.*

**ОЙЫНПАЗ** сын. *Ойынқұмар, ойынға берілгіш.*

**ОЙЫНПАЗДЫҚ** зат. *Ойынқұмарлық, ойыншылдық.*

**ОЙЫНПАСЫ** зат. көне. *Ойын-сауық істерін басқарушы.*

**ОЙЫН-САУЫҚ** зат. *Көңіл көтеретін жиын, сауық-сайран, той-думан.*

**Ойын-сауық құрды.** *Сауық-сайран салды, көңіл көтеріп думандатты.*

**ОЙЫН-ТОЙ** зат. *Сауық-сайран, той-думан.*

**ОЙЫНШЫ** зат. *Ойын ойнайтын адам, ойынға қатынасушы.*

**Ойыншыны жарыстан шығару.** спорт. *Тәртіпті, жарыс ережесін бұзғаны үшін жазалау.*

**ОЙЫНШЫҚ** зат. **1.** *Ойнау үшін балаларға арналып жасалған әртүрлі, қызықтыратын заттар.* **2.** ауыс. *Түкке тұрмайтын, болмашы, оңай.*

**Ойыншық болды**. *Келемежге айналды, ерiккеннің ермегі, мазағы болды.* **Ойыншық емес**. *Ойнауға болмайды; мән беретін нәрсе.* **Ойыншық етті [қылды].** *Мазақ қылды, келемеждеді, ажуалады.* **Ойыншық көрді.** *Жеңіл, оңай санады, елемеді, болмашы деп білді.* **Ойыншыққа айналды.** *Ерiккеннің ермегі болды, мазақ болды.* **Ойыншыққа айналдырды.** *Келемеж етті, мазақ қылды, ермегі етті.* **Ойыншық құрлы көрмеді.** *Елемеді, ескермеді.*

**ОЙЫНШЫҚТАЙ** сын. **1.** *Ойыншық сияқты, ойыншық тәрізді.* **2.** ауыс. *Кіп-кішкентай, құыршақтай, сүп-сүйкімді.*

**Ойыншықтай көрді [көрінді].** *Түкке тұрмайтын, болмашы деп елемеді, жеңіл санады.*

**ОЙЫНШЫҚША** үст. *Ойыншығы тәрізді, ойыншық сияқты.*

**ОЙЫНШЫЛ** сын. **1.** *Түрлі ойынды жақсы ойнаушы, ойынды жақсы көретін (адам).* **2.** *Қалжыңбас, әзілқой, қуақы.*

**ОЙЫҢҚЫ** сын. *Жартылай дөңгелене ойылған, ойықтау.*

**ОЙЫС[1]** зат. **1.** *Ойық, ойпаң жер.* **2.** геол. *Айналасы түгел немесе түгелдей дерлік түйықталған, әдетте, тектоникалық жолмен қалыптасқан жер бетіндегі ойыңқы жер, ойпаң.*

**ОЙЫС[2]=** ет. **1.** *Мұз т.б. қатты заттарды жүзі бар не үштік заттармен жарып ойып алысу.*

**ОЙЫС[3]=** ет. *Бір нәрсеге қарай көшу, жыл- жу, ыңғайлану; ауысу.*

**ОЙЫСТАУ** сын. *Төмендеу, ойлау келген, ойпаңдау (жер).*

**ОЙЫСТЫР=** ет. *Ыңғайластыру, икемдеу, бағыттау.*

**ОЙЫСТЫРУ** *Ойыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЫСТЫРЫЛ=** ет. *Безендірілу, оюландыру.*

**ОЙЫСТЫРЫЛУ** *Ойыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЫСУ** *Ойыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОЙЫСЫҢҚЫ** сын. *Ойыстау, шұңқырлау, ойпаңдау.*

**ОЙЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Бір жаққа қарай, ауыңқырау, ауысыңқырау, беттеңкіреу.*

**ОЙЫСЫҢҚЫРАУ** *Ойысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОКЕАНАРИУМ** [грек. okeanos] зат. *Теңіз хайуандары мен балықтарды бақылау үшін жабдықталған жасанды алап.*

**ОКЕАНОГРАФИЯ** [грек. okeanos – мұхит, grapho – жазамын] зат. ғыл. *Мұхит табиғатын зерттейтін ғылым.*

**ОКЕАНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. ғыл. *Океанографияға қатысты, океанографияға тән.*

**ОКЕАНОЛОГ** зат. ғылым. *Мұхит зерттеушісі.*

**ОКЕАНОЛОГИЯ** [грек. okeanos – океан, logos – ілім] зат. *Дүниежүзі мұхиттарындағы әртүрлі үдерістерді зерттейтін ғылымдар жиынтығы.*

**ОККАЗИОНАЛИЗМ** [лат. occasionalis] зат. әдеб. *Көркем шығарма авторына ғана тән тілдік нормадан өзгеше, бірақ оқырманға көркемдік, эстетикалық т.б. әсері жоғары сөзқолданыс.*

**ОККЛЮЗИЯ [**лат. occlusus] зат. хим. *Әртүрлі қатты заттардың газдарды сіңіріп алуы.*

**ОККУЛЬТИЗМ** [лат. occultus] зат. миф. *Ғылыми зерттеуге келмейтін ғажайыптар мен тылсым күштердің бар екенін мойындайтын және олармен өзара іс-қимылдың ерекше әдістерін жасайтын ілім.*

**ОККУПАНТ** зат. саяси. *Басып алушы, басқыншы.*

**ОККУПАЦИЯ** [лат. occupatio] зат. саяси. *Бір мемлекеттің территориясын басқа мемлекеттің әскер күшімен басып алуы, басқыншылық.*

**ОККУПАЦИЯЛА=** ет. *Бір мемлекеттің аумағын басқа мемлекеттің әскер күшімен басып алуы.*

**ОККУПАЦИЯЛАН=** ет. *Басып алыну, жаулап алыну, оккупацияға ұшырау.*

**ОККУПАЦИЯЛАНУ** *Оккупациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ОККУПАЦИЯЛАУ** *Оккупацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ОККУПАЦИЯЛАУШЫ** зат. *Басып алушы, оккупация жасаушы.*

**ОККУПАЦИЯЛЫҚ** сын. *Оккупацияға қатысты, соған тән.*

**ОКОП** ор. зат. *Оқтан, снаряд жарықшақтарынан қорғану үшін жерден қазылған бекініс.*

**ОКРОШКА** ор. зат. *Ішіне көкөніс және ұсақ туралған ет салып квастан істелген суық тамақ.*

**ОКРУГ** ор. зат. *Ресейдің немесе оған қарасты аумақтың территориялық-әкімшілік бөлігі.*

**ОКРУГТІК** сын. *Аумақтық әкімшілікке, бөлікке тән, соған қатысты.*

**ОКСАЗОЛДАР** зат. хим. *Құрамында өзара үш жай және екі қос байланыспен байланысқан көміртектің үш атомы, оттектің атомы және азот атомы бар бес мүшелі гетероциклдік қосылыстардың туындылары.*

**ОКСАЛАТТАР** зат. хим. *Табиғатта кең тараған, аналитикалық химияда, бояу өндірісінде, фотографияда т.б. қолданылатын қымыздық қышқылының тұздары.*

**ОКСИ...** *Қосылыстардың аталуына тіркелетін молекула құрамында гидроксил тобы барын көрсететін қосымша.*

**ОКСИАЛЬДЕГИДТЕР** зат. хим. *Молекула құрамында гидроксил тобы бар альдегидтер.*

**ОКСИАМИНДЕР** зат. хим. *Аминспирттер.*

**ОКСИГЕМОМЕТРИЯ** зат. биол. *Қанның оттегімен байытылуын анықтайтын тәсіл.*

**ОКСИД** [грек. oxys – қышқыл, грек. eidos – түрі] зат. хим. ***Тотық*** *(химиялық элементтердің оттекпен қосылыстары).*

**ОКСИДТЕ=** ет. хим. *Металл бетін оксид қабатымен қаптау.*

**ОКСИДТЕУ** зат. хим. *Метал бетінде жемірілуден сақтайтын оксид қабат түзудің әдісі мен процесі.*

**ОКСИДТЕУ** *Оксидте етістігінің қимыл атауы.*

**ОКСИКЕТОНДАР** зат. хим. *Құрамында гидроксил тобы бар, кетондар класына жататын химиялық қосылыстар тобы.*

**ОКСИҚОСЫЛЫСТАР** зат. хим. *Құрамына гидроксил тобы кіретін қосылыстар.*

**ОКСИҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Құрамына гидроксил тобы кіретін карбон қышқылдар.*

**ОКСИЛИТ** зат. хим. *Зертханада оттек өндіру үшін қолданылатын, хлор әгі мен натрий пероксиді қоспасының техникалық аты.*

**ОКСИЛОФИТТЕР** [грек. oxys –қышқыл, phyton– өсімдік] зат. бот. *Топырақтың қышқылдық жағдайында өсетін өсімдік түрлері: оксиломезофиттер, оксилогигрофиттер.*

**ОКСИМДЕР** зат. хим. *Пестицид, дәрілік препарат т.б. алу үшін қолданылатын, құрамында көмірсутектік немесе басқа радикалдармен байланысқан* $=C=N{-}OH$ *топтасуы бар химиялық қосылыстар.*

**ОКСИНИТРИЛДЕР** зат. хим. *Полимер, детергент, аминқышқылдарын т.б. өндіруде қолданылатын, молекуласында гидроксил және нитрил топтары бар химиялық қосылыстар.*

**ОКСИТОП** зат. хим. *Гидрооксилді топ.*

**ОКСИЦИАН** зат. хим. *Циан қышқылының туындысы.*

**ОКСОҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Оттекті қышқылдар.*

**ОКСОСИНТЕЗ** зат. хим. *Олефиндерге көміртек (II) оксиді мен сутекті өршіткі қатысында қосып, альдегид алу әдісі мен процесі.*

**ОКСТЕНКТЕР** зат. тех. *Ақаба суларды тазалау үшін пайдаланылатын, ауа кірмейтін жабық және ішіне техникалық оттек түсірілетін жабдықтар.*

**ОКСЮМОРОН** [грек. oxymoron] зат. *Өзара қарама-қарсы, қисынсыз ұғымдарды біріктіретін стилистикалық фигура.*

**ОКТ(А)...** [грек. okto] *Мағынасы бойынша сегіз санына тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ОКТАВА** [лат. octava] зат. муз. **1.** *Тұтас тондар мен жартылай тондардан тұратын дыбыстардың жүйелі қатары.* **2.** *Бірінші және соңғы тондары бірдей айтылатын 12 жартытонды біріктіретін аралық.*

**ОКТАН** зат. хим. **1.** *Қаныққан көмірсутек; түссіз сұйықтық; іштен жанатын қозғалтқыштарда қолданылатын сұйық отындардың негізгі құрам бөлігі.* **2.** *Органикалық синтезде еріткіш т.б. ретінде қолданылатын алифаттық көмірсутек.*

**ОКТОГЕН** зат. физ. *Органикалық нитроамин; күшті жарылғыш зат.*

**ОКТОЗАЛАР** зат. хим. *Тізбекте көміртектің сегіз атомы бар моносахаридтер.*

**ОКТРУА** [франц. octroi] зат. экон. *Мемлекет ішіндегі белгілі бір аумаққа әкелінетін тауарларға салынатын ішкі әкелім бажы.*

**ОҚ**[1] зат. **1.** әск. *Дәрімен атылатын қарудың жез гильзаларына ыңғайлап орнатылған домалақ немесе сопақша қорғасын.* **2.** әск. *Қарудың өзінен бөлініп шығып, қарсыласқа тиіп мертіктіретін бөлігі.* **3.** көне. *Садақ жебесі.*

**Оқ атты**. *Қарсылық жасады, қастандық істеді.* **Оқ атым [жетер] жер.** этн. *Садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасын білдіретін халықтық өлшем.* **Оқ бойы**. *Тым таяу, оқ жетер мөлшеріндегі қашықтық.* **Оқ бойы алдында**. *Алдыңғы жақта, көп алда, көбінен ілгері.* **Оқ боратты.** *Оқ жаудырды.* **Оқ борату.** *Үсті-үстіне оқ ату, жаудыру.* **Оқ жаудырды.** *Үсті-үстіне төпеп оқ атты.* **Оқ жетер жер.** *Оқ атым қашықтық.* **Оққа арандады**. *Оққа ұшты.* **Оққа байлады**. *Атты, өлтірді, ажалға нысана етті.* **Оққа байланды**. *Өлімге басын тікті.* **Оқ қардай борады.** *Оқ жауып кетті.* **Оққа қарсы тұру [шабу]**. *Ажалмен бетпе-бет келу.* **Оққа ұшты**. *Оқ тиіп қайтыс болды, оқтан ажал тапты.* **Оққа ұшырады.** *Оқ тиді, оққа ұшты.* **Оқ қылды.** *Адамға қарсы жұмсады, адамзат игілігіне емес, зиянына бағыттады.* **Оқ өтті.** *Оқ тесіп шықты, қадалды.* **Оқ салды.** *Оқтады, атуға ыңғайланды.* **Оқтай қадалды**. *Зәрлі, қаһарлы жүзбен қарады.* **Оқтай түзу.** *Түп-түзу, тіп-тік.* **Оқ тиді.** *Жараланды.* **Оқ тиген ұзақ көзденді**. *Мүсәпір күйге түсті.* **Оқ түтеді.** *Оқ жаңбырша жауды, түтеп тұрды.* **Оқтың астына алды**. *Жан-жақтан қарқынды түрде оқ жаудырды, атқылады.* **Оқтың астында қалды**. *Жауған оқтың ішінде қалды, жан-жақтан оқ борады.* **Оқ тістесті**. *Ант етісті, серттесті.* **Оқ шашты**. *Үсті-үстіне төпеп, оқ жаудырды.*

**ОҚ**[2] зат. жерг. *Арықтың бір түрі.*

**Оқ арық**. сушар. жерг. *Бас арықтан егін арасына қарай жүргізілген түзу арық.*

**ОҚ**[3] зат. этн. кәс. *Арбаның екі жақ басына доңғалақ түсетін темір білік.*

**ОҚА**[1] зат. этн. *Жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған көмкерме.*

**ОҚА**[2]: **оқа емес.** *Ештеңе етпейді, оқасы жоқ.* **Оқасы жоқ.** *Түкте емес, ештеңе етпейді.*

**ОҚАҒАШ** зат. жерг. *Оқтық, арба-шананың жетегі, тертесі.*

**ОҚАДАЙ** сын. *Оқа тәрізді, оқа сияқты.*

**ОҚАЛА=** ет. этн. қолөнер. *Зермен көмкеру.*

**ОҚАЛАҚ** зат. жерг. ***Оқыра.***

**Оқалақ қуған өгіздей.** *Аласұрып, тапырақтап, өңмендеп.* **Оқалақ тиген сиырдай.** *Адыраңдаған, елірген.*

**ОҚАЛАҚТА=** ет. **1.** *Сиырдың оқыра (сәйгел) тигеннен тыншып тұра алмай, ойға-қырға безуі.* **2.** ауыс. *Тасыраңдап зыр жүгіру.*

**ОҚАЛАҚТАУ** *Оқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚАЛАН=** ет. *Зерлену, әшекейлену.*

**ОҚАЛАНУ** *Оқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚАЛАТ=** ет. *Зерлету, әшекейлету.*

**ОҚАЛАТУ** *Оқалат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚАЛАУ** *Оқала етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚАЛЫ** сын. *Оқалаған, зер басқан.*

**Оқалы бөрік**. этн. *Сай тігісін бастыра оқа ұстаған, масатымен тысталып, құндызбен жиектелген қыздардың сәнді баскиімі.* **Оқалы жіп.** қолөнер. *Кесте тігуде пайдаланылатын, құрамында жезі бар, түрлі-түсті жіңішке жіп.* **Оқалы киім.** *Погоны бар, шенді киім.* **Оқалы киім киді.** көне. *Шен алды, сәнденді деген мағынада.* **Оқалы тон.** этн. *Жалт-жұлт еткен зерлі, сыйға келген сәнді тон.* **Оқалы шапан.** этн. *Өңірі, етек жеңі оқа-зерлі шапан.*

**ОҚАП** зат. *Жер бедеріндегі кедір-бұдыр.*

**ОҚАР-ШОҚАР** сын. *Орқаш-орқаш.*

**ОҚАРЫҚ** зат. жерг. кәс. *Басарықтан егін арасына қарай жүргізілген түзу арық.*

**ОҚБАҚ** зат. ***Оқпақ*** *(нардың бір түрі).*

**ОҚБАҚЫР** зат. этн. *Түрлі металды қорытуға арналған, отқа төзімді материалдардан жасалған ыдыс, қорытқы.*

**ОҚБҮРІККІШ** зат. *Пулемет.*

**ОҚ-ДӘРІ** зат. *Атыс қаруына қажетті керек-жарақ (оқ, дәрі, снаряд т. б.).*

**ОҚЖАТАР** зат. жерг. *Мылтықты, автоматтың оқ тұратын қорабы, магазині.*

**ОҚЖЫЛАН** зат. зоол. <лат. prammophis lineolatus> **1.** *Шөл және шөлейт жерлерде ғана болатын, денесі жіңішке, жылдам қозғалатын жылан; қабыршақтылар отрядына жататын баурымен жорғалаушы.* **2.** ауыс. *Сұрқия, жауыз.*

**ОҚЖЫЛАНДАЙ** сын. *Оқжылан сияқты, оқжылан тәрізді.*

**Оқжыландай атылды**. *Қимылына көз ілеспеді, тез, жылдам қимылдады.* **Оқжыландай ысқырды**. *Айбат шекті, зәрін шашты, кәрін төкті, ашуын шақырды.*

**ОҚЖЫЛАНША** үст. *Оқжылан сияқты, оқжыланға ұқсап.*

**ОҚИҒА** [ар. واقعة] зат. *Болып өткен іс, маңызды, елеулі құбылыс.*

**ОҚИЯС** үст. ескікіт. *Оқыс.*

**ОҚҚАҒАР** зат. **1.** *Ылғи сәтіне кезігіп, бәле-жала жуытпайтын ыңғай.* **2.** *Біреудің өміріне жауап беруші, қорғаушы адам немесе осындай кәсіп иесі.* **3.** *Оқ өткізбейтін кеудеше киетін.*

**ОҚ-ҚАТАҒАТ** зат. этн. ескікіт. *Қарудың бір түрі.*

**ОҚПА**[1] зат. кен. **1.** *Карбонатты тау-жыныстардың жерасты және жерүсті суларының әсерінен шайылып-еруінен туындаған қуыстар, үңгірлер, жарықшақтар.* **2.** *Оқбақырдың металл қорытылатын қуысы.*

**Оқпа суы**. геол. *Таужыныстардың еруі нәти- жесінде пайда болған жер қыртысындағы жарықтарды, қуыстарды, арналарды толтыратын жерасты суы.*

**ОҚПА**[2] зат. жерг. *Ердің басы.*

**ОҚПА**[3] зат. *Теңіздегі иірім.*

**ОҚПАҚ**[1] зат. зоол. *Қамыс арасында тіршілік ететін, өте сақ, бірден көзге шалына қоймайтын, түнде ұшатын құс.*

**ОҚПАҚ**[2] зат. кәс. түйешар. *Қырысты қоспақты қылағай нар мен қоспақты қылағай нардың бурасын шағылыстырудан туған түйе.*

**ОҚПАН** зат. **1.** *Ойылып түскен жер қуысы, шұқыр.* **2.** *Ердің астындағы қол сыятындай қуыс.* **3.** этн. *Ердің алдыңғы басы.* **4.** *Дәрімен атылатын қарудың оғы белгілі бір бағыт алып шығатын, іші қуыс түтік тәрізді бөлігі.* **5.** кен. *Шахтадағы кен өндіретін қуыс жер.* **6.** кәс. *Егінге қарай су жүргізетін үлкен арық.* **7.** жерг. *Оппа, су обатын жер.* **8.** ауыс. *Қанағат, місе тұтпайтын құлқын, аран.*

**ОҚПАНА** зат. сөйл. ***Оқпан.***

**ОҚПАНДА=** ет. *Қуыс етіп қазу, үңгірлеу.*

**ОҚПАНДАЙ** сын. *Оқпан сияқты, оқпан тәрізді.*

**ОҚПАНДАУ** *Оқпанда етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚПАНДЫ** сын. *Оқпаны бар, қуысты.*

**ОҚПАТАНУ** зат. сушар. *Суда еритін, таужыныстарында дамитын үдерістер мен жер бедерінің пішіндері туралы ғылым.*

**ОҚПАУЫР** зат. этн. жерг. *Алтын, күміс, қола, қорғасын қорытатын, темірден немесе саз балшықтан жасалған, суағары бар, тұтқалы ыдыс, ожау.*

**ОҚСАЛҒЫШ** зат. әск. *Мылтық оғын салып жүретін жалпақша келген қорамсақ.*

**ОҚСАТ=** ет. *Тындырымды ету, келістіру, бабына келтіру.*

**ОҚСАТУ** *Оқсат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚСАТЫП** үст. сөйл. *Жақсылап, мықтап.*

**ОҚТА=** ет. **1.** *Ату үшін қарудың ұңғысына оқ салу.* **2.** *Қарсы қару кезену.*

**ОҚТАЙ** сын. **1.** *Оқ сияқты, оқ тәрізді.* **2.** ауыс. *Тартқан сымдай, тіп-тік, тұп-тузу.*

**Оқтай ақты**. *Тез, жылдам жүрді.* **Оқтай атылды.** *Бірден ытқып кетті, тұра ұмтылды.* **Оқтай зулады [зырлады].** *Көз ілеспей зымырады.* **Оқтай қадалды [қадады].** *Қаһарлы раймен шаншыла, тікірейе қарады; көзін қадады.* **Оқтай парлады.** *Барынша зымырады, құйғыта шапты.* **Оқтай тиді.** *Шаншудай қадалды.* **Оқтай түзу.** *Тұп-тузу.* **Оқтай ұшты.** *Жұлдыздай ақты, зымырады.*

**ОҚТАЛ**[1]**=** ет. *Оқ салыну.*

**ОҚТАЛ**[2]**=** ет. *Бірдеңе айтпақ, жасамақ боп ұмсыну, бір әрекет жасауға дайындалу.*

**ОҚТАЛУ**[1] *Оқтал*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТАЛУ**[2] *Оқтал*[2] *етістігінің қимыл атауы; ұмсыну.*

**ОҚТАЛЫС**[1] зат. *Ілгері ұмсынған талпыныс.*

**ОҚТАЛЫС**[2]**=** ет. *Әрекет жасауға ұмтылысу.*

**ОҚТАЛЫСУ** *Оқталыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТАМ** зат. *Жаруға дайындалған жарылғыш заттардың белгілі мөлшері.*

**ОҚТАМДА=** ет. *Оқтам камерасына (шпурға, ұңғымаға және т.б.) жарылғыш заттарды орналастырып, оны жаруға дайындау үдерісі.*

**ОҚТАМДАУ** *Оқтамда етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТАС=** ет. **1.** *Мылтық оғын жасасу.* **2.** *Оқ салысу.*

**ОҚТАСУ** *Оқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТА-ТЕКТЕ** үст. *Анда-санда, кейде.*

**ОҚТАУ**[1] зат. *Қамыр жаятын ұзынша жұмыр ағаш.*

**Оқтау жұтқандай**. *Қақайып, серейіп қатып қалған, тіп-тік.*

**ОҚТАУ**[2] *Оқта етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТАУДАЙ** сын. **1.** *Оқтау сияқты, оқтау тәрізді.* **2.** ауыс. *Тұп-тузу, тіп-тік.* **3.** ауыс. *Сымбідей қатқан, жұп-жұмыр.*

**Оқтаудай боп жараған**. *Қаншырдай қатып, әбден бабына келген (ат).* **Оқтаудай ойнады**. *Зыр қақты.*

**ОҚТАУЛА=** ет. *Оқтаумен қамыр жаю, жұқалау.*

**ОҚТАУЛАУ** *Оқтаула етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚТҰМСЫҚ** зат. әск. *Соғыс заряды және жарылғышы бар зымыранның тұмсық бөлігі.*

**ОҚТЫ** сын. *Оғы бар, оқталған.*

**Оқты көзімен атты [қарады].** *Қаһарлана, зәрлене қадалды, айбар шеге көз тастады.*

**ОҚТЫҚ**[1] зат. **1.** *Арба, шананың жетегі, тертесі.* **2.** жерг. *Аттың арбанын жетек ағашы.* **3.** *Шідер бұтағының аралығы.*

**ОҚТЫҚ**[2] зат. жерг. *Оқпан, ұңғы, ствол.*

**ОҚТЫҚ**[3] зат. этн. *Жебенің ұшы.*

**ОҚТЫМ-ОҚТЫМ** үст. жерг. *Әлсін-әлсін, мезгіл-мезгіл.*

**ОҚТЫМ-СОҚТЫМ** үст. жерг. *Анда-санда.*

**ОҚТЫН-ОҚТЫН** үст. *Көп кідірмей, ауық-ауық, дамыл-дамыл, әлсін-әлсін.*

**ОҚУ**[1] зат. пед. **1.** *Білім алу, оның бір саласын игеру, меңгеру жолындағы ізденіс, іс-әрекет.* **2.** *Оқу орнында өтетін сабақ.*

**Оқу бағдарламасы**. пед. *Әр пән бойынша берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін белгілейтін жоспар.* **Оқу бөлімі**. пед. *Оқу-ағарту ісімен шұғылданатын және оқу орындарының құрамындағы оқу процесін ұйымдастыратын бөлімше.* **Оқуға барды**. *Жоғары оқу орнына түсуге талапданды.* **Оқуға түсті.** а) көне. *Мектепке, медресеге барды.* ә) *Орта білімді бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына білім грантын алды.* **Оқу жабдықтары**. пед. *Мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажет барлық жабдықтар.* **Оқу жоспары**. пед. *Оқу орындарында оқылатын пәндердің тақырыптық құрамын, мөлшерін, өтілу тәртібін белгілейтін құжат.* **Оқу жылы**. пед. *Оқып-үйрену барысында жоспармен шектелген бірнеше айлық мерзім.* **Оқу жылын аяқтады**. *Оқу орындарындағы білім берудің бір жылдық кезеңін өткерді, бітірді, тамамдады.* **Оқу залы.** *Көпшілік кітап, газет-журнал оқитын кітапхана бөлмесі, залы.* **Оқу кестесі**. *Белгілі бір жүйеге келтірілген, мағлұматтар, есептеу мәліметтерінің тізбесі, көрнекі құралдардың бір түрі.* **Оқу құралы**. пед. *Белгілі бір ғылым саласы бойынша тұжырымдары мен қағидат-ережелері жүйелі түрде, оқушының қабылдауына лайықталып жазылған мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу кітабы.* **Оқу кітаптары.** *Оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдар.* **Оқу оқыды.** *Білім алды.* **Оқу орны**. *Білім беретін оқу-ағарту мекемесі.* **Оқу практикасы**. *Теориялық алған білімдерін нақтылау үшін тәжірибе жүзінде көз жеткізуі.* **Оқу тоқсаны**. пед. *Оқу жылының ұзақтығы әртүрлі болып бөлінген төрт кезеңнің бірі.* **Оқу шеберханасы.** *Жалпы білім беретін оқу орындарында оқушыларды қарапайым құралдармен (егеу, балға, қашау т.б.) жұмыс істеуге не станокпен металды өңдеу жұмыстарын үйретуге жабдықталған бөлме.* **Оқу ісінің меңгерушісі**. *Мектептегі педагогикалық процестің ұйымдастырушысы әрі басқарушысы.*

**ОҚУ**[1] *Оқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жазудың қарасын айыру, тану.* **2.** *Тиісті оқу орнында білім алу, хат тану.* **3.** діни. *Ішінен дұға оқып арбау, дуалау.*

**ОҚУ-АҒАРТУ** зат. *Хат таныту, сауаттандыру, білім беру ісі.*

**ОҚУ-БІЛІМ** зат. *Ізденумен, үйренумен жинақталған білім, мағлұмат жиыны.*

**ОҚУ-ЖАТТЫҒУ** зат. пед. *Оқу арқылы алынған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға бағытталған үдеріс.*

**ОҚУ-ЗЕРТХАНА** зат. *Техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жасайтын арнаулы жабдықтары бар оқу орны, зертхана.*

**ОҚУЛЫ** сын. *Көп оқыған, білімдар.*

**ОҚУЛЫҚ** зат. пед. *Бағдарлама мен дидактика талаптарына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеп, баяндайтын оқу кітабы.*

**ОҚУХАНА** зат. көне. *Медресе, мектеп.*

**ОҚУШЫ** зат. **1.** *Мектеп қабырғасында тәлім-тәрбие алып, білімге үйренуші, шәкірт.* **2.** *Әдебиет оқитын қауым, оқырман.*

**Оқушылар конференциясы.** пед. *Белгілі бір тақырыпқа арналған, оқушылар баяндама жасап, пікір алысатын конференция.* **Оқушылар сайысы.** *Оқушылардың өзара бәсекеге, жарысқа түсуі.*

**ОҚУШЫЛЫҚ** сын. *Оқушыға тән, оқушыға қатысты.*

**ОҚША**[1] үст. *Көз ілеспестей тез.*

**Оқша атылды**. *Бірден ытқып түсті (кетті).* **Оқша қадалды**. *Шаншыла қарады.*

**ОҚША**[2]**=** ет. сөйл. ***Ұқсау.***

**ОҚШАНТАЙ** зат. этн. **1.** *Жоғарғы жағын сүйірлеу, етек жағын доғалдау етіп келтіріп, былғарыдан тігіп, белдікке тағып, оқ-дәрі салып жүретін қалта.* **2.** *Ұяларына мылтық оғын (жезін) қатарлап салып жүретін жалпақша келген белбеу.*

**ОҚШАҢ** сын. жерг. *Оқшырақ, одырақ.*

**ОҚШАСЫН** зат. *Көз ілеспейтін жылдамдық, зулау.*

**ОҚШАТ=** ет. ескікіт. *Ұқсату.*

**ОҚШАТУ** *Оқшат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШАУ** үст. *Өзгеден жеке-дара, бөлек, оңаша.*

**Оқшау қалған жартастай.** бейн. окказ. *Оңашаланған, топтан бөлектенген күйде.* **Оқшау сөз**. лингв. *Сөйлем ішінде басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, айтылуда дауыс ырғағымен өз алдына бөлектене, оқшаулана жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері.*

**ОҚШАУ** *Оқша етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШАУЛА=** ет. **1.** *Өзгелерден даралап бөлу, оқшаулау.* **2.** терм. *Арнайы түрде ортадан алыстатып, жеке-дара ұстау, бөлектеу.*

**ОҚШАУЛАН=** ет. *Өзгелерден дараланып бөліну, оңашалану.*

**Оқшауланған су.** геол. *Тау жыныстарының түйісу аралығындағы немесе қуыстары бұрышындағы су.* **Оқшауланған нарық.** экон. *Экономика саласында ұлттық сипаты жоқ, жергілікті нарық.*

**ОҚШАУЛАНДЫР=** ет. *Өзгелерден даралanып бөлектендіру.*

**ОҚШАУЛАНДЫРУ** *Оқшауландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШАУЛАНУ** *Оқшаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШАУЛАНУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Өзгелерден бойды аулақ салып даралanушылық.* **2.** саяси. *Тұйықталып отырушылық, сыртқы әсерден қорғанып, жабық болушылық, тұйықталып қалушылық.* **3.** саяси-әлеум. *Жатсынушылық, өзін бөлек ұстаушылық, жалпымен қабылданған жүйе, ұстанымдарды мүлде қабылдамау, олардан бойын аулақ ұстаушылық.*

**ОҚШАУЛАТ=** ет. *Өзгелерден даралап, бөлектету.*

**ОҚШАУЛАТУ** *Оқшаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШАУЛАУ**[1] *Оқшаула етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзгелерден даралап бөлу.* **2.** *Арнайы түрде ортасынан ажыратып бөлектету.*

**ОҚШАУЛАУ**[2] үст. *Өзгеден шеткерірек, оңашалау.*

**ОҚШАУЛЫҚ** зат. **1.** *Өзгеден бойын аулақ салып шеттеушілік, өзімен-өзі болушылық.* **2.** психол. *Адамның өзімен-өзі болып, басқалардан бойын аулақ салып, өзін жеке, дара ұстауы.*

**ОҚШАУ-ОҚШАУ** үст. *Алды-алдына оңашаланған, дара-дара, бөлек-бөлек.*

**ОҚШАУЫРАҚ** үст. *Өзгеден бөлегірек, шеткерірек, оңашарақ.*

**ОҚШАШАР** зат. *Пулемет (қару).*

**ОҚШИ=** ет. сөйл. *Оқшырайю, едірею.*

**Оқшия қарады**. *Одырая, едірейе қарады.*

**ОҚШИМА** сын. *Үсті сүйірлеу, етек жағы қайқиып келген (қалпақ).*

**ОҚШИЮ** *Оқши етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШЫ**[1] зат. *Қарапайым әдіспен оқ жасаушы адам.*

**ОҚШЫ**[2] үст. ескікіт. *Оқыс.*

**ОҚШЫРАЙ=** ет. **1.** *Одыраю, едірейе қарау.* **2.** *Баскиімді тіктеп, шекеге қырындата кию.*

**ОҚШЫРАЙМА: оқшырайма байлам**. *Дәйексіз, бұрыс ой түю, қате тұжырым.*

**ОҚШЫРАЙТ=** ет. **1.** *Одырайту, едірейте қарау.* **2.** *Баскиімді қақайтып кию, тіктетіп шекеге қырындату.*

**ОҚШЫРАЙТУ** *Оқшырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШЫРАЙЫС=** ет. *Одырайысу, едірейісу.*

**ОҚШЫРАЙЫСУ** *Оқшырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚШЫРАЮ** *Оқшырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫ=** ет. **1.** *Жазылған сөздерді әріптерге қарап отырып, іштей не дауыстап қайталап шығу.* **2.** *Білім жинау, кәсіп т. б. меңгеру, ой түю.* **3.** *Оқу орнында білім алу, ілім-білімді меңгеру.* **4.** *Дұға айтып, дем салу.* **5.** *Арбау, алдау.*

**ОҚЫҒАН** сын. *Көзі ашық, білімді адам, зиялы.*

**Оқыған адам**. *Білімді адам.*

**ОҚЫҒАНДЫҚ** зат. *Көп білім алғандық, білімділік.*

**ОҚЫҒЫШ** сын. **1.** *Кітапты көп оқитын.* **2.** *Нақышына келтіріп, бабымен оқитын.*

**ОҚЫЛ=** ет. *Кітап, жазу арқылы білдірілу.*

**ОҚЫЛАУ** зат. сөйл. ***Оқтау.***

**ОҚЫЛУ** *Оқыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫЛЫМ**[1] зат. саяси. *Маңызды құжаттарды жоғары билік, заң шығару орындары мен институттарда қарау, тексеріп шығудың сатысы, кезеңі.*

**ОҚЫЛЫМ**[2] зат. пед. *Тілді меңгертудің қатысымдық әдістемесінің жазба мәтінді дауыстап немесе іштей қайталап шығуға байланысты білім, біліктілік, дағдыларды игертіп, бекітуге бағытталған маңызды бөлігі.*

**ОҚЫМАҒАН** сын. **1.** *Арнайы білім алмаған, ресми жүйемен кәсіби білімді игермеген адам.* **2.** *Надан, көрсоқыр, қараңғы адам.*

**ОҚЫМЫС** зат. сөйл. ***Оқымысты.***

**ОҚЫМЫСТЫ** зат. *Көп оқыған білімпаз адам, ғалым.*

**ОҚЫМЫСТЫЛЫҚ** зат. *Білімге, ғалымға тән қасиет.*

**ОҚЫМЫШ** зат. сөйл. ***Оқымысты.***

**ОҚЫМЫШТЫ** зат. сөйл. ***Оқымысты.***

**ОҚЫН=** ет. сөйл. ***Оқы.***

**ОҚЫНУ** *Оқын етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫҢҚЫРА=** ет. сөйл. *Оқи түсу, білім алыңқырау.*

**ОҚЫҢҚЫРАУ** *Оқыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРА**[1] зат. **1.** зоол. *Сиыр малы терісінің астында өсіп-жетілетін құрт.* **2.** вет. *Осы құрттан пайда болатын сәйгел.*

**ОҚЫРА**[2] зат. *Ағаштың діңіндегі бұтақ орны, без.*

**ОҚЫРАЙ=** ет. *Бір жақ шекесін көтере одырайып қарау.*

**ОҚЫРАЙТ=** ет. *Одырайту, едірейту.*

**ОҚЫРАЙТУ** *Оқырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАҚТА=** ет. *Қайта-қайта одырайып, оқыс жалтару.*

**ОҚЫРАҚТАУ** *Оқырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАЛА=** ет. *Сиыр малына сәйгел тиіп, тым-тырақай болып қашу.*

**Оқыралаған сиырдай**. бейн. *Ойран-топырын шығарғандай қылды деген мағынада.*

**ОҚЫРАЛАУ** *Оқырала етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАН=** ет. *Таныс бір жайды сезініп, елегізіген, үйірсіреген дыбыс білдіру (жылқы малына туралы).*

**ОҚЫРАНТ=** ет. *Емірентіп, осқырту.*

**ОҚЫРАНТУ** *Оқырант етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАНУ** *Оқыран етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАНЫС=** ет. *Еміреніп, осқырысу.*

**ОҚЫРАНЫСУ** *Оқыраныс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРАУ** зат. сөйл. ***Боқырау.***

**ОҚЫРА-ШОДЫРА** зат. жерг. *Сиырдың арқасына түсетін құрт.*

**ОҚЫРАЮ** *Оқырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫРМАН** зат. *Әдебиет оқитын қауым, жұртшылық; оқушы.*

**Оқырман қауым.** *Кітап, баспасөз материалдарын тұрақты оқитын көпшілік.*

**ОҚЫР-ШОҚЫР** елік. *Қиқы-жиқы шоқиып, шоқайып қисық орналасқан денелерді бейнелейтін сөз.*

**ОҚЫС**[1] үст. **1.** *Күтпеген жерде, кенет, шұғыл.* **2.** *Естуге, көруге ерсі, дөрекі, тұрпайы.* **Оқыс кетті.** *Жаңсақтық істеді, қателесті.* **Оқыс мінез.** *Тосын, шалт мінез.* **Оқыс іс қылды**. *Ойда жоқ, жұрт лайық көрмейтін іс істейді.*

**ОҚЫС**[2]**=** ет. *Бірге білім алысу, бірге оқу.*

**ОҚЫСТАН** үст. *Кенеттен, күтпеген жерден.*

**ОҚЫСТАУ** үст. *Ерсілеу, тұрпайылау, өрескелдеу.*

**ОҚЫСТЫҚ** зат. *Кенеттік, тосыннан болған ерсілік, өрескелдік.*

**Оқыстық болды**. *Жаңсақ болды, қате кетті.*

**ОҚЫСУ** *Оқыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫСЫНАН** үст. *Күтпеген жерден, кенеттен.*

**ОҚЫТ= 1.** *Білім алғызу.* **2.** *Жазба мәтінді дыбыстап айтқызу.* **3.** діни. миф. *Дұға т.б. қасиетті саналатын сөздерді айтқызу арқылы емдету немесе кеселін қайтару.*

**ОҚЫТҚЫЗ=** ет. *Білім алдыртқызу.*

**ОҚЫТҚЫЗУ** *Оқытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫТТЫР=** ет. **1.** *Әріптерді айту арқылы жазудағыны іштей немесе дауыстап шыққызу.* **2.** *Кітап арқылы білім алдырту.*

**ОҚЫТТЫРУ** *Оқыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫТУ** зат. пед. *Білім беру, шеберлікке, іс-әрекет дағдыларына үйрету және оларды меңгеру үдерісі мен адамды өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың басты тәсілі.*

**Оқыту әдісі.** пед. *Оқытып, білім беру жолдары мен тәсілдері.*

**ОҚЫТУ** *Оқыт етістігінің қимыл атауы; білім алғызу.*

**Оқыту ваучерлері.** пед. *Оқушылардың ата-аналарына оқыту үшін төлем ретінде пайдалануға берілетін мемлекеттік ақшалай сертификат.* **Оқыту консалтингі.** экон. *Кеңесші идеяларды жинаумен, шешімдерді талдаумен айналысып қана қоймай, сонымен бірге осы идеялар мен шешімдердің пайда болуы үшін негіз әзірлеп, клиентке лекциялар, семинарлар, оқу құралдары нысанында тиісті теориялық және практикалық ақпарат беретін консалтинг.* **Оқыту мәшинесі.** пед. *Әрбір жеке оқушымен байланыс жасау негізінде, оқу үдерісінің белгілі кезеңдерін автоматтандырушы оқыту техникалық құралы.*

**ОҚЫТУШЫ** зат. **1.** пед. *Жоғары оқу орындарында сабақ, дәріс, семинар, лаборатория жұмыстарын басқаратын оқу пәнінің маманы.* **2.** *Мұғалім, мектептегі ұстаз.*

**Оқытушы беделі.** пед. *Оқытушының оқушыға ықпал етуі, өзінің ұстаздық борышын орындауда оқушы қауымының алдында абыройлы мол сенімге бөлейтін тәрбиешіге тән әлеуметтік басты қасиет, адамгершілік тәрбиесінің қажетті шарты.*

**ОҚЫТУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Оқытушыға тән қасиет, мұғалімдік, ұстаздық.* **2.** *Оқытушы болушылық, мұғалімдік жол.*

**ОҚЫТЫЛ=** ет. *Білім алдырылу.*

**ОҚЫТЫЛУ** *Оқытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫТЫС=** ет. *Бірге білім берісу.*

**ОҚЫТЫСУ** *Оқытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҚЫШЫ** зат. ескі кіт. *Аян; хабар; хабаршы.*

**ОЛ**[1] есім. **1.** *Үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігі.* **2.** *Едәуір қашығырақтағыны,*

*алысырақтағыны нұсқайтын сілтеу есімдігі.* **3.** *Бұл, осы, мұны.*

**Ол бәйбішеден, біз тоқалдан туыппыз ба?** *Есе, сыбаға, үлес тимегенде, кем болатындай біз кім едік, ол кім еді деген мағынада айтылады.* **Ол болмаса.** *Немесе, әйтпесе.* **Ол бір кесел.** *Анау-мынауға көне қоймады, өз дегенін істейді, қырсық деген мағынада.* **Ол ғұрлы**. *Оншама, соншалықты.* **Ол жолғы.** *Ол кездегі.* **Ол заман да бұл [бұ] заман.** *Бұрын-соңды, ілгерілі-кейінді.* **Ол кезде**. *Ол күнде, баяғыда, ертеде.* **Ол түгілі**. *Оны былай қойғанда, оны айтпағанда.* **Онан соң**. *Одан кейін, сонан соң.* **Онысыз да шығайын деп тұрған көз еді.** *Онысыз да бүлінейін деп тұр еді.*

**ОЛ²=** е т. е с к і к і т. ***Бол.***

**ОЛАЙ** ү с т. *Дәл соншалық, ондай.*

**Олай болғанда [олай болса].** *Ендеше, өйткенде, сонда.* **Олай [болатын] болса.** *Ондай жағдайда, ендеше, демек.* **Олай бір, бұлай бір.** *Біресе былайша, біресе басқаша.* **Олай қарау.** с ө й л. *Біртүрлі, өзгеше, жақтырмай қарау.*

**ОЛАЙ-БҰЛАЙ** ү с т. *Біресе олай, біресе бұлай, әрлі-берлі.*

**Олай-бұлай болып кетсе.** *Жазатайым бірдемеге ұшыраса, қапелімде қайтыс болып кетсе, өле қалса.* **Олай-бұлай сүресті.** *Аударысты, алысты.*

**ОЛАЙҒЫСЫ** е с. с ө й л. *Ондайы, онысы.*

**Олайғысы олай, былайғысы былай**. *Олай да, бұлай да, әрқайсысы әр жаққа.*

**ОЛАЙ-БЫЛАЙ** ү с т. с ө й л. ***Олай-бұлай.***

**ОЛАЙ-ПҰЛАЙ** з а т. с ө й л. ***Олай-бұлай.***

**ОЛАЙША** ү с т. *Дәл сол сияқты етіп, солайша.*

**ОЛАЙЫМ: олайым да бұлайым.** ф о л ь к. *Барым, сүйенерім, тірегім, қолдаушым.*

**ОЛАЙЫНША** ү с т. с ө й л. ***Олайша.***

**ОЛАҚ¹** з а т. ж е р г. **1.** *Көл жағасынан мал суару үшін қазылған шұңқыр.* **2.** *Қой тоғытуға арналған шұңқыр.*

**ОЛАҚ²** с ы н. *Іске икемі жоқ, ебедейсіз. // Іске икемсіз, ебедейсіз адам.*

**Ойға олақ**. *Топас, шорқақ.*

**ОЛАҚТАУ** с ы н. *Іске икемсіздеу, қырсыздау.*

**ОЛАҚТЫҚ** з а т. *Іске қыры, икемі жоқтық, ебдейсіздік.*

**ОЛАҺИ-БИЛЛАҺИ** о д. д і н и. *«Алла атымен айтамын, шындығы сол» деген мағынадағы ант сөз.*

**ОЛ-БҰЛ** е с і м. *Ана-мына.*

**ОЛБЫР**: **олбыр тоқым**. э т н. *Жаба салма, үлкен тоқым.*

**ОЛВИНИТ** з а т. к е н. *Оливиннен тұратын ультранегізді интрузиялық таужыныс.*

**ОЛДА-БІЛДӘ** о д. с ө й л. *Олләһи-билләһи деген мағынадағы қарғанып ант етуді білдіретін сөз.*

**ОЛЕАНДР** [франц. oleadre] з а т. ө с. *Ыстық жақтың өзен алқаптарында өніп-өсетін, үнемі көгеріп тұратын бұта тектес өсімдік.*

**ОЛЕЙН: олейн қышқылы.** х и м. <лат. oleum> *Бір негізді қанбаған карбон қышқылдары, түссіз, тұтқыр сұйық.*

**ОЛЕО...** [лат. oleum] *Мағынасы бойынша өсімдік және минералды майларға тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ОЛЕУМ** з а т. х и м. *Бояу өндіруде және мұнай өнімдерін тазартуа қолданылатын күкірт триоксидінің сусыз күкірт қышқылындағы ерітіндісі.*

**ОЛЕФИНДЕР** з а т. х и м. *Алкендер; молекуласында көміртек атомдарының екі еселенген бір байланысы бар қанықпаған көмірсутектер.*

**ОЛЖА** з а т. **1.***Ойламаған, күтпеген жерде пайда болған кіріс.* **2.** а у ы с. *Тиімді, жағымды, пайдалы нәрсе, іс т.б.* **3.** э т н. к ө н е. *Соғыстан түсетін пайда.* **4.** *Тапқан табысы.*

**Олжа бала**. *Әкесіз туған сәби.* **Олжа берді.** э т н. *Соғысқаны үшін жауынгерге соғыстан түскен пайдадан, салымнан енші берді.* **Олжа болды**. *Пайдаланды, пайда етті, өз пайдасына алды.* **Олжаға [шаш етектен] батты.** *Байлыққа кенелді, қарық болды.* **Олжаға [белшесінен] батты [байыды, кенелді].** *Қарық болды.* **Олжаға түсті.** *Қолға түсіп, тұтқын болып келді.* **Олжа етті.** *Пайда қылды, олжалады.* **Олжа қылды**. *Пайдаланып кетті, қажетке жаратты.* **Олжадан қалды.** *Пайдадан, көздегенінен айырылды.* **Олжаны ортаға салды.** *Түскен кірісті, тапқан табысты бөлісті.* **Олжа салды**. а) э т н. *Қарсы жақты жеңіп, тізілген бәйгені, басқа да дүниені иеленді.* ә) *Қарсы жақты жеңгені үшін талабы бойынша бәйгені не басқа дүниені алу.* б) *Олжалы болды, олжа әкелді.* **Олжа тапты.** *Пайда көрді.* **Олжа түсірді**. *Кіріс кіргізді, түсім келтірді.*

**ОЛЖАКӨС** с ы н. *Пайдакүнем, дүниеқоңыз деген мағынада.*

**ОЛЖАЛА=** е т. **1.** *Күтпеген жерде түсімге кезігу, табысты болу.* **2.** *Қолға түсіру, иелену.*

**ОЛЖАЛАН**= е т. *Олжаға кенелу.*

**ОЛЖАЛАНУ** *Олжалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛЖАЛАС¹ =** е т. *Олжаға кенелісу.*

**ОЛЖАЛАС²** с ы н. *Күтпеген жерден түскен түсімге, кіріске ортақтас.*

**ОЛЖАЛАСУ** *Олжалас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛЖАЛАТ=** *Олжаға кенелту.*

**ОЛЖАЛАТУ** *Олжалат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛЖАЛАУ** *Олжала етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛЖАЛЫ** с ы н. *Түскен кірісі бар, табысты.*

**ОЛЖА-ТАБЫС** з а т. *Соғыс, барымта т.с.с. іс-әрекеттен түсетін материалдық, қаржы түріндегі пайда, табыс.*

**ОЛЖАШЫЛ** с ы н. *Олжа тапқыш, олжақұмар.*

**ОЛИВИН** [лат. oliva] з а т. г е о л. *Перидат, хромзолит, селикаттар класының оливиндер тобындағы минерал.*

**ОЛИГАРХ** [грек. oligos – азған, archos – билеуші, әскери бастық] з а т. *Қаржы капиталының үстемдігіне иелік ететін аса ірі, ең бай монополистердің шағын тобы.*

**ОЛИГАРХИЯ** [грек. oligarchia] з а т. с а я с и. *Қаржы капиталына иелік ететін аса ірі алпауыттардың халық бұқарасына саяси және экономикалық үстемдігі немесе осындай жолмен мемлекет басқарудың түрі.*

**ОЛИГАРХИЯЛЫҚ** с ы н. *Олигархияға тән, соған қатысты.*

**Олигархиялық капитализм.** с а я с и. *Негізгі капитал саяси және экономикалық үстемдікке ие болған адамдардың шағын тобының қолында, басқармасында болатын саяси құрылыс.*

**ОЛИГАРХИЯЛАНДЫР=** е т. с а я с и. *Қаржы капиталына үстемдік ететін ірі иеліктерге топтасу.*

**ОЛИГАРХИЯЛАНДЫРУ** *Олигархияландыру етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛИГЕМИЯ** [грек. oligos – азғана, haima – қан] з а т. м е д. *Қанның (плазманың және қан жасушаларының) жалпы көлемінің азаюы.*

**ОЛИГО...** [грек. oligos] *Қандай да бір нәрсенің аз санды немесе әлсіз сипаты болуын білдіретін күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ОЛИГОКЛАЗ** з а т. х и м. *Плагиоклаздар деп аталатын минералдар тобының өкілі.*

**ОЛИГОМЕРЛЕР** [грек. oligos – азғана, metros – бөлік] з а т. х и м. *Молекулалық массасы салыстырмалы түрде төмен полимерлер (әдетте сұйықтар).*

**ОЛИГОМЕРИЗАЦИЯ** з а т. б и о л. *Эволюция барысында бір қызмет атқаратын сегменттердің азаюы.*

**ОЛИГОПОЛИЯ** [грек. oligos – аздаған, poleo – сатамын, сауда жасаймын] з а т. э к о н. *Азғана аса ірі фирмалардың, компаниялардың белгілі бір тауар өндірісіндегі және рыногіндегі үстемдігі.*

**ОЛИГОПОЛИЯЛЫҚ** с ы н. *Олигополияға тән, олигополияға қатысты.*

**Олигополиялық бәсеке.** э к о н. *Өндірісті және оның маңызды салаларында шығарылатын өнімдерді монополияландыруда бірінші ірі формалардың бәсекелестігі.*

**ОЛИГОПСОНИЯ** [ағыл. oligopsony] з а т. э к о н. *Рыноктағы сатып алушылардың саны шектеулі болып, сатушылардың саны айтарлықтай болғанда, сатып алушылардың нарықтық бағаның өзгеруіне ықпал ете алатын рыноктағы жағдай.*

**ОЛИГОСАХАРИДТЕР** з а т. х и м. *Моносахарид молекулалары қалдықтарының аз ғана санынан (2–10 аралығында) құрылған полисахаридтер.*

**ОЛИГОСПЕРМИЯ** з а т. б и о л. *Еркек мал ұрығында аталық жыныс жасушалардың (сперматозоидтардың) күрт азаюы.*

**ОЛИГОФЕНОПЕДАГОГИКА** [лат. oligophreia – ақылы кеміс, грек. oligos – кішкене және phren – ақыл] з а т. п е д. *Ақыл-ой кемістігі бар балаларды тәрбиелеу, оқыту мен олардың дамуындағы кемістікті түзету проблемаларын зерттейтін дефектология саласы.*

**ОЛИГОЦЕН** з а т. т а р. *Палеоген жүйесінің жоғарғы бөлімі.*

**ОЛИГУРИЯ** [грек. oligos – азғана, uron – несеп] з а т. б и о л. *Несеп мөлшерінің шектен тыс азаюы.*

**ОЛИМПИАДА** [грек. olympiados] з а т. **1.** с п о р т. *Ежелгі грек олимпия ойындарының үлгісімен 4 жылда бір өткізілетін халықаралық спорт ойындары жарысы.* **2.** *Жалпы жарыстар мен түрлі бәсеке ойындар.*

**Олимпиада нормативі.** с п о р т. *Олипиадаға бару үшін алдын ала көрсететін міндетті жарыс көрсеткіші.*

**ОЛИМПИАДАЛЫҚ** с ы н. *Олимпиадаға қатысты, олимпиадаға тән.*

**Олимпиада ойындары.** с п о р т. *Халықаралық спорт жарысы.*

**ОЛИМПИАДАШЫ** з а т. *Олимпия ойындарына қатысқан спортшы.*

**ОЛИМПИЯЛЫҚ** с ы н. с ө й л. ***Олимпиадалық.***

**Олимпиялық алау.** с п о р т. *Олимпиаданың оты тұтатылатын сабы бар арнайы құбыршық.* **Олимпиялық атташе.** с п о р т. *Олимпиада ойындарын өткізетін ұйымдастыру комитеті жанындағы ұлттық олимпиадалық комитеттің өкілі.* **Олимпиялық конгресс.** с п о р т. *Олимпиа-*

*да ойындарын ұйымдастыратын, өткізу туралы мәселелерді талқылайтын конгресс.* **Олимпиялық қалашық.** спорт. *Олимпиада ойындарына қатысушылар мен оларды бастап келген ресми уәкілдер орналасатын ғимараттар кешені.* **Олимпиялық қозғалыс.** спорт. *Адамның денесі мен рухани дамуын көздейтін, халықаралық байланыстарды нығайтуға, спортты дамытуға үлес қосатын құралдардың бірі, халықаралық қоғамдық қозғалыс.* **Олимпиялық марапаттар.** спорт. *Бірінші орынға алтын, жалатқан күміс медаль мен марапаттама, екінші орынға күміс медаль мен марапаттама, үшінші орынға қола медаль мен марапаттама түрінде берілетін жүлде.* **Олимпиялық медаль**. спорт. *Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне берілетн бірінші орынға алтын, екінші орынға күміс, үшінші орынға қола медаль.* **Олимпиялық от.** спорт. *Олимпиада ойындарының дәстүрлі рәсімдерінің бірі.* **Олимпиялық салтанат.** спорт. *Ойындардың ашылуы мен жабылуы, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.* **Олимпиялық спорт түрлері.** спорт. *Олимпиада хартиясының талаптарына сәйкес келетін, халықаралық спорт қауымдастығы басқаратын спорт түрлері.* **Олимпиялық стадион.** спорт. *Олипиада ойындарының ашылу және жабылу салтанаттары, кең тараған спорт түрлерінен жарыстар өтетін басты стадион.*

**ОЛИФ** [грек. alripha] зат. тех. *Зығыр не кендір шайырларын қайнатып, майлы бояулар жасауға пайдаланылатын қабыршық сүзгіш сұйық зат.*

**ОЛИФТЕ=** ет. тех. *Бұйым бетіне олиф жағу.*

**ОЛИФТЕУ** *Олифте етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛҚАЛ** зат. жерг. *Қара қоға, мал жемейтін у шөп.*

**ОЛҚЫ** сын. **1.***Толмаған, орта, бос.* **2.** ауыс. *Жетіспей, кемдеу тұрған, кеміс.*

**Олқы көрінеді**. *Кем, жетімсіз көрінеді.* **Олқы санады.** *Олқысынды, мардымсыз деп білді.*

**ОЛҚЫЛА=** ет. *Онша кептемей, бостау, орталау ету.*

**ОЛҚЫЛАН=** ет. *Онша тығыздалмау, босаңдану.*

**ОЛҚЫЛАНУ** *Олқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛҚЫЛАУ**[1] сын. *Жетіспей жатқан, кемдеу.*

**ОЛҚЫЛАУ**[2] *Олқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Тығыздалып толмағандық.* **2.** ауыс. *Іс-әрекеттегі жетіспегендік, кемшілік.*

**ОЛҚЫЛЫ-ТОЛҚЫЛЫ** сын. *Әрі-сәрі, екіойлы, дел-сал.*

**ОЛҚЫРАҚ** сын. **1.** *Түгел толмаған, босырақ.* **2.** ауыс. *Кемірек, төменірек.*

**ОЛҚЫСЫН=** ет. *Місе тұтпау, менсінбеу, қомсыну.*

**ОЛҚЫСЫНУ** *Олқысын етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛЛА** ар. од. этн. *Ант ішу, «Құдай ақы, бар шыным» деген мағынада.*

**ОЛЛА-БІЛЛӘ** од. *«Құдай ақы», бар шыным деген мағынада.*

**ОЛЛАЙ-ПЕЛЛАЙ** од. ***Олла-білләә***.

**ОЛЛАҺИ** од. *«Құдай ақы», шыныменен.*

**ОЛЛӘҺИ-БИЛЛӘҺИ** од. *«Алла атымен айтамын» деп ант-су ішкенде қолданылатын сөз.*

**ОЛМАЙЫН** үст. ескі кіт. *Болмайынша.*

**ОЛОГЕНЕЗ** зат. зоол. *Жер бетіндегі өмірдің пайда болуы және органикалық дүниенің дамуы жөнінде итальян зоологы Д.Роза XX ғасырдың басында ұсынған идеалистік теория.*

**ОЛ-ПҰЛ** зат. *Болмашы ұсақ-түйек, жеңілжелпі, анау-мынау.*

**ОЛПЫЛЫҚ** зат. *Ширамағандық, болбырлық, бостық.*

**ОЛПЫ-СОЛПЫ** сын. **1.** *Ықшам, жинақы емес; қалай болса, солай.* **2.** ауыс. *Ширақ емес, бір қайнауы ішінде, қырналып, жетілмеген.*

**ОЛПЫ-СОЛПЫЛАУ** сын. *Ширақ емес, болбырлау, бостау.*

**ОЛПЫ-СОЛПЫЛЫҚ** зат. *Ширамаған болбырлық, бостық.*

**ОЛПЫ-СОЛПЫСЫЗ** сын. *Олпы-солпы емес, жинақы.*

**ОЛТЫР=** ет. ескікіт. ***Отыр***.

**ОЛТЫРУ** *Олтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЛШИ=** ет. сөйл. *Алшай, алши.*

**ОЛШИЮ** *Олши етістігінің қимыл атауы.*

**ОМ**[1] зат. физ. *Электр кедергісінің халықаралық жүйедегі бірлігі.*

**Ом заңы.** физ. *Өткізгіш бойымен ағып өткен ток күшінің (І) оның ұштарындағы кернеуге (V) тура пропорционалдығын анықтайтын физикалық заң.*

**ОМ**[2] зат. көне. *Ома, омбы.*

**ОМА** зат. жерг. *Су ішіндегі кішкене құрғақ жер.*

**ОМА**: **ома болып отырды**. *Қол қусырып, бос отырды.*

**Ома қап**. қарғ. *Өліп кет, мейлің деген мағынадағы қатты ашуланғанда, кейігенде айтылатын сөз.* **Ома қапты**. *Жер жастанды, өліп түсті.*

**ОМАЙ** од. сөйл. ***Ойбай***.

**ОМАҚ**[1] зат. жерг. *Астық, тамақ қоятын үй.*

**ОМАҚ**[2]**: омақ пеш.** жерг. *Дөңгелек темір пеш.*

**ОМАҚА**[1] зат. жерг. *Астық, ас қоятын жер.*

**ОМАҚА**[2] зат. жерг. *Ас, тамақ сүзетін тесік ожау.*

**ОМАҚА**[3] зат. *Белгіленген жерді көрсету үшін топырақтан, тастан т.б. үйілген шағын үйінді.*

**ОМАҚАША** үст. *Омақа сияқтанып, омақаға ұқсап.*

**Омақаша қопиды**. *Омақа құсап қоқиып, ебедейсіз көрінді.*

**ОМАҚАЛА=** ет. *Омақамен (үйіндімен) белгілеу.*

**ОМАҚАЛАС=** ет. **1.** *Жер сүзе құлау, омақасу.* **2.** ауыс. *Асығу, жанталасу.*

**ОМАҚАЛАСУ Омақалас** *етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАҚАС=** ет. **1.** *Мойны астына кете, жер сүзе құлау.* **2.** ауыс. *Сәтсіздікке ұшырау.*

**ОМАҚАСТЫР=** ет. *Мойнын астына келтіру, жер сүзе құлату.*

**ОМАҚАСТЫРУ** *Омақастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАҚАСУ** *Омақас етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАҚАСЫР=** ет. сөйл. *Жер сүзе құлату.*

**ОМАҚАСЫРУ** *Омақасыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАҚАТ=** ет. сөйл. ***Омақасу***.

**ОМАҚАТТЫР=** ет. *Омақастыру.*

**ОМАҚАТТЫРУ** *Омақаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАҚАТУ** *Омақат етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАЛ** зат. жерг. *Сарп, ревматизм.*

**ОМАЛ=** ет. **1.** *Ешқайда шықпай, қыбыр ете алмай отырып қалу.* **2.** *Омбылану, көмілу.*

**ОМАЛУ** *Омал етістігінің қимыл атауы.*

**ОМАН** сын. *Үлкен, кең.*

**Оман арық**. кәс. *Үлкен арық, бас арық.*

**ОМАРТА** зат. ауылшар. **1.** *Бал арасын өсіретін шаруашылық.* **2.** *Бал арасының бал жиятын үйшігі.*

**ОМАРТАШЫ** зат. кәс. *Бал арасын өсіруші, омарта басындағы адам.*

**ОМАТА** зат. *Тастан, топырақтан үйілген белгі, омақа.*

**ОМАШ** зат. көне. *Ерте заманда пайдаланылған ағаш соқа.*

**ОМБРОФИТТЕР** [грек. ombros – жаңбыр, phyton – өсімдік] зат. бот. *Тамыры топырақ бетіне жақын орналасатын және осыған орай топырақтың үстіңгі қабатына сіңген жауын-шашын суын пайдаланатын өсімдіктер.*

**ОМБРОФОТТАР** [грек. ombros – жаңбыр, phobos – қорқу] зат. бот. *Ұзақ жауатын жаңбырға төзімсіз, құрғақшылық аймақта өсетін өсімдіктер.*

**ОМБУДСМЕН** [швед. ombudsman] зат. экон. *Жеке адамдардың мемлекеттік мекемелердің үстінен жасаған шағымын қарау үшін мемлекет тағайындаған адам.*

**ОМБЫ** сын. *Белуарға дейін қалың түскен қүртік қар.*

**Омбы қар.** *Қалың түскен күртік қар.*

**ОМБЫҒУ** *Омбық етістігінің қимыл атауы.*

**ОМБЫҚ=** ет. сөйл. ***Омбылау***.

**ОМБЫҚТЫР=** ет. ***Омбылату***.

**ОМБЫҚТЫРУ** *Омбықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОМБЫЛА=** ет. *Қарға, құмға т.б. белуардан батып, малтығу.*

**ОМБЫЛАТ=** *Қалың қарға, құмға малтықтыру.*

**ОМБЫЛАТУ** *Омбылат етістігінің қимыл атауы.*

**ОМБЫЛАУ** *Омбыла етістігінің қимыл атауы.*

**ОМДЫҚ** сын. физ. *Омға қатысты, омға тән, оммен өлшенетін.*

**ОММЕТР** зат. физ. *Электрлік активті кедергіні тікелей өлшеуге арналған аспап.*

**ОМНИБУС** [лат. omnibus] тех. *Жолау -шылар тасуға арналған әрі көлікпен (атпен) сүйретілетін көп орынды көлік түрі.*

**ОМОГРАФ** [грек. homos – бірдей, grapho – жазамын] зат. лингв. *Жазылуы бірдей болғанмен, айтылуы мен мағынасы әртүрлі сөздер мен сөз формалары.*

**ОМОЛАГАЦИЯ** зат. экон. *Сатылатын тауарлардың техникалық сипаттамасын тұтынушы елдің талаптарына, ғұрыптарына сәйкестендіру.*

**ОМОНИМ** [грек. homos – бірдей, onima – есім] зат. лингв. *Айтылуы мен жазылуы бірдей болғанмен, мағыналары әртүрлі сөздер мен сөз тіркестері.*

**Омонимдер сөздігі.** лингв. *Тұлғасы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздерді түсіндіретін сөздік.*

**ОМОНИМИКА** зат. лингв. **1.** *Лексикологияның омонимдерді зерттейтін бөлімі.* **2.** *Белгілі бір тілдегі омонимдердің жиынтығы*

**ОМОНИМИЯ** [грек. homonymia] зат. лингв. *Омонимика.*

**ОМОФОН** [грек. homos – бірдей, phone – дыбыс, дауыс] зат. лингв. *Айтылуы бірдей болғанмен, жазылуы мен мағынасы басқа сөздер мен сөз формалары.*

**ОМПА**[1] зат. этн. *Асықтың аша жағы, төмен қарап тік тұру қалпы.*

**Омпасынан салды.** а) *Асықты омпа тұрғызды.* ә) *Тікесінен тік құлатты, сұлатып салды.*

**ОМПА**[2] зат. сөйл. ***Оңқа.***

**ОМСЫРАЙ=** ет. *Бір нәрсенің орны олқыланып, бос қалуы, ойсырауы.*

**ОМСЫРАЙТ=** ет. **1.** *Олқыландыру.* **2.** жерг. *Еңсеріп тастату, ойсырату.*

**ОМСЫРАЙТУ** *Омсырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОМСЫРАЮ** *Омсырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОМУЛЬ** [лат. coregonus] зат. зоол. *Лосось тұқымдасына жататын балық.*

**ОМФАЛИТ** [грек. omphalos] зат. мед. *Жаңа туылған нәрестелердің кіндік жарасын жұқтыруы нәтижесінде кіндік айналасындағы терінің қабынуы.*

**ОМЫҒУ** *Омық етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫҚ =** ет. *Ешқайда шықпау, қыбыр етпеу, омалу.*

**ОМЫР=** ет. **1.** *Шорт сындыру, опырып жіберу.* **2.** *Бір шетінен ала сындыру.*

**ОМЫРАЙ=** ет. *Ішке қарай ойысу, орны үңірейіп қалу.*

**ОМЫРАЙТ=** ет. *Омсырайту.*

**ОМЫРАЙТУ** *Омырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРАУ** зат. **1.** *Жан-жануардың, адамның көкірегі, кеудесі.* **2.** *Киімнің кеуде тұсы.* **3.** ауыс. *Әйелдің кеудесі, емшегі* <лат. mamma>. **4.** ауыс. *Менмен, кеудемсоқ.* **5.** жерг. *Өмілдірік.*

**Омырауға алды [салды].** *Кие жөнелді, күш жұмсады, кеудеге салды.* **Омыраудағы бала.** *Емшектегі бала; емізулі бала.* **Омырау жасады**. *Кие жөнелді, кеудеге салды.* **Омырау көрсетті**. *Кеудесін көтеріп мықтысынды.* ә) *Өктемдік жасады, тізе батырды.* **Омырау қақты**. *Бір орнында тыпыршып тұрып алды (жылқы туралы).* **Омырау қалта**. *Төсқалта.* **Омырау қамыт**. этн. *Түйе қамыттың желкелігі.* **Омырау қылды.** *Айбат жасады, қыр көрсетті.* **Омырау соқпа**. *Өз айтқанынан басқаға көнбейтін кеудемсоқ, ожар.* **Омырауы аңқыды**. *Киімнің жағасы жиналмады, кеудесі ашық-шашық қалды, жағасы далиды.* **Омырауы боялды.** *Ағыл-тегіл жылады, егілді.* **Омырауы дал [есіктей аңқиған]**. бейн. а) *Ұзақ жүріске төзімді, жүйрік қазақы жылқыға тән ат сынының бір белгісі, омырауы кең (жылқы).* ә) *Кең кеуделі, еңгезердей, алып (адам, жігіт).* **Омырауы даладай.** бейн. *Төсі кең, мықты (ат туралы).* **Омырауы жасқа малынды [боялды].** *Зар қағып, еңіреді, қайғыға батты.* **Омырауымен соққандай.** *Өркеуде, қажымайтын.* **Омырауын ашты**. *Шын пейіл білдірді, құшақ жайды.* **Омырауын оққа төседі.** *Басын өлімге байлады.* **Омырауын шерге толтырды.** *Қайғыға салынды, қайғырды, шерленді.*

**ОМЫРАУЛА=** ет. *Кеудемен соғу, киіп-жару, баса-көктеу.*

**ОМЫРАУЛАС=** ет. *Баса-көктесу, киіп-жарысу.*

**ОМЫРАУЛАСУ** *Омыраулас етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРАУЛАТ=** ет. *Баса-көктету, өктемдік жасату.*

**ОМЫРАУЛАТУ** *Омыраулат етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРАУЛАУ** *Омыраула етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРАУЛЫ** сын. **1.** *Алқымы кең, кеуделі адам.* **2.** *Жүріске төзімді, берік, жүйрік (ат, ат сыны).* **3.** ауыс. *Күшіне сенген, күшті.*

**ОМЫРАУЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Малдың көкірек тұсы, кеуде ауқымы.* **2.** *Киімнің қайырып тігілген кеуде тұсы.* **3.** жерг. *Өмілдірік.*

**ОМЫРАУЛЫҚ**[2] зат. <нем. Büstenhalter> *Әйелдердің төсін көтеріп тұратын іш киімі.*

**ОМЫРАУША** зат. **1.** көне. этн. *Төсінің өскендігін білдірмес үшін, қазақ қыздары киетін өте тар кеудеше, көкірекше.* **2.** ***Омыраулық.***

**ОМЫРАЮ** *Омырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРМАЛЫ** сын. *Орта тұсынан опырып екіге бөле қоятын, бүктемелі.*

**Омырмалы домбыра.** *Алып жүруге ыңғайлы болу үшін шанағы мен мойнының арасынан бүктеліп, жиналатын домбыра.*

**ОМЫРТ=** ет. *Омыртып сындыру.*

**ОМЫРТҚА** зат. **1.** анат. <лат.vertebrae> *Жан-жануарлардың қаңқа негізі болатын арқа сүйегі және соның жеке бір бөлігі.* **2.** этн. *Ет асып, табақ тартқанда берілетін мал етінің бір мүшесі.*

**Омыртқа бағанасы**. анат. <лат. columna vertebralis>. *Бір-бірімен шеміршек буындар арқылы жалғасып, ортасындағы өзегінде жұлын болатын адам мен омыртқалы жануарлардың қаңқа негізі болып табылатын арқа сүйегінің бөлігі.* **Омыртқаға шақыру.** этн. *Кейбір өңірлердегі соғымнан дәм татыру дәстүрі.* **Омыртқа жота.** биол. *33 омыртқадан құралған, қуысында жұлын болатын, адам мен мал денесінің арқа бетінің қалың қабаты.* **Омыртқа жотасы**. анат. <columna vertebhalis> *Омыртқалылардың тұлға тірек қаңқасы.* **Омыртқаның ішіндегі жұлыным**. бейн. *Ең қымбаттым, ең қадірлім деген мағынада.* **Омыртқасы бекімеген**. *Буыны қатпаған, жас.* **Омыртқасын омырды**. *Белін сындырды, құртты.* **Омыртқасын үзді**. *Көзін жойды, құртты.* **Омыртқасы түзу жігіт**. жерг. *Білімді, ақылды, көрнекті, іскер жігіт.*

**ОМЫРТҚАДАЙ** сын. *Омыртқа сияқты, омыртқа тәрізді.*

**ОМЫРТҚАЛЫЛАР** зат. зоол. *Дене тірегі омыртқалардан тұратын ең жоғары сатыдағы жануарлар тобы.*

**ОМЫРТҚАСЫЗ** сын. *Омыртқасы жоқ.*

**Омыртқасыз жануарлар**. зоол. ***Омыртқасыздар***.

**ОМЫРТҚАСЫЗДАР** зат. зоол. *Омыртқасы жоқ жануарлар тобы; ұсақ жәндіктер.*

**ОМЫРТУ** *Омырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРУ** *Опыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОМЫРЫҚ** сын. *Омырылып түскен, опырылған.*

**ОМЫРЫЛ=** ет. **1.** *Белінен, ортасынан морт сыну.* **2.** *Бір шетінен кертілу.*

**ОМЫРЫЛҒЫШ** сын. *Опырыла кететін, сынғыш.*

**ОМЫРЫЛҒЫШТЫҚ** зат. *Морт сынатындық, опырылғыштық.*

**ОМЫРЫЛМАЛЫ** сын. *Опырылып қалғыш, опырылатын.*

**ОМЫРЫЛУ** *Омырыл етістігінің қимыл атауы; шетінен кертілу.*

**ОН** сан. *Тоғыздан кейінгі, он бірдің алдындағы есептік сан.*

**Он алты тілік қазандай.** бейн. *Торсиған, үлкен.* **Он бармағы қыналы.** *Тырнақтары қырналған, боялған әдемі саусақ.* **Он бір қара жұмбақ қой.** этн. *Он бір санының халықтық ұғымы.* **Он бір перне.** бейн. *Домбыра туралы.* **Он бір буынды өлең.** әдеб. *Үш бунақтан құралатын, екі бунақ 3 буын, 4 буын немесе 4 буын, 3 буын болып еркін ауыса беретін, ал соңғы үшінші бунақ үнемі 4 буынды болып келетін, қазақ поэзиясында бұрыннан жиі қолданып келе жатқан өлең өлшемі.* **Он бір сан.** а) *Он бір рудан құралған.* ә) *Қырық рудан құралған.* **Он бір ырым.** этн. *Ел айырылысарда киім-кешек, мал-мүлкін айырбастап, алмастыратын ырым.* **Он екі алуан**. *Сан түрлі.* **Он екі баспа қобыздай.** бейн. *Даусы зор, үлкен қобыздай.* **Он екі де бір гүлі ашылмаған.** а) *Балиғат жастан аспаған, жыныстық қатынасқа бармаған.* ә) *Қыршын жас, шынайы таза, ұяты бетінде тұрған имешек, ибалы жас.* **Он екі де бір нұсқа жоқ.** а) *Әлі басы да құралмаған, ізі салынбаған, ешбір белгісі жоқ.* ә) *Сау-тамтығы қалмаған.* **Он екі де бір нұсқа [құрауы] ұқсамау**. *Еш нәрсенің әлі басы да құралмаған, аты бар да заты жоқ; түк те ізі түспеген, жүйеге келмеген.* **Он екі елі ішек [шек].** анат. *Қарынның шығар аузына жалғасып жатқан ұзындығы он екі елідей жуан ішек.* **Он екі имам.** діни. *Әли бин Әбу Тәлип әулетінен тараған, бірін-бірі жалғастырған он екі шейіт имам [біріншісі – Әбу-д-Хасан Әли бин Әбу Тәлипәл-Муртазадан бастап, он екіншісі – Мұхаммед бин әл-Хасан әл-Худджа әл-Қайым әл-Мунтазарға (Мәдіні күткенге) дейінгі имамдар; соңғысы – Мұхаммед, шейіттердің аңызы бойынша, әкесінің өлімінен кейін «ғайып болып кетеді», оны ақырзаман алдында әлемде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағаң» әділ заман орнататын билеуші ретінде жер бетіне қайтып оралады делінген].* **Он екі қарыс**. этн. *Қазының үлкенінің көлемін білдіретін халықтық мөлшер атауы.* **Он екі қарыс қазандай.** а) *Үлкен қазан сияқты.* ә) *Өте үлкен, ауқымды, зор.* **Он екі құйрық, бес шалғы.** саят. *Саят құсының құйрығындағы он екі үлкен қауырсыны мен қанатының қарулы бес қауырсыны.* **Он екі құрсау, жез айыр [мылтық].** этн. бейн. *Берік мылтық, бес қарудың бірі.* **Он екі мүше.** этн. *Дене бітімі, бар тұлғасы, тұтас дене [бас, омыртқа, екі жамбас, екі жауырын, екі тоқпақ жілік, екі асық жілік, екі қары жілік].* **Он екі мүшесі сау.** *Кемтар, мүгедек емес; қол-аяғы, бас-көзі аман.* **Он екі өрім дырау [бұзау тіс] қамшы**. *Он екі таспадан өрілген жуан қамшы; қару.* **Он екі сақка [әр сақка, неше сақка] жүгіртті.** *Неше түрлі құбылтты.* **Он екі тұтам [оқ, жай].** этн. *Үлкен садақ оғының өлшеміне тең халықтық өлшем.* **Он екі тұтам жебе.** этн. *Үлкен, ұзын жебе.* **Он қолынан [саусағынан] өнері тамған.** а) *Ағаштан түйін түйетін, өте шебер.* ә) *Асқан шебер, ісмер.* **Он неше.** *Он шақты.* **Он ойланып, мың толғанды.** *Бір мәселені шешуде мейлінше жауаптылықпен қарады.* **Он салса, бір баспайды.** *Жүріс-тұрысқа бейімі жоқ, жатыпішер жалқау.* **Он сан.** этн. *Қырық рудан құралған, түрлі-түрлі.* **Он сан байтақ.** көне. *Бірнеше ру мен халықтан құралған хандық.* **Он сан ноғай.** *Күллі ноғай тайпалары.* **Он сан ноғай [байтақ] бүлген күн.** фольк. *Ел басына күн туып, ел іші ыдырған күн, жұрт үшін аласапыран*

*заман орнаған кез.* **Он сан ноғай бүлді.** ф о л ь к. *Қалың ноғайлы елі, жұрты ойрандалды, тозды, ыдырады.* **Он саусағы майысқан.** п о э т. *Шебер, іскер, қолынан іс келетін (әйел).* **Он саусағынан өнері тамған [төгілген].** *Қолынан бәрі келетін, өте шебер.* **Он саусағындай білді.** *Бәрін түгел білді, жете түсінді.* **Он саусағы сары алтын.** *Саусақтарына алтын жүзік тағынған, әшекейі көп (сұлу қыз туралы).* **Он саусақ бірдей емес.** *Адамдардың мінезі, тағдыры әртүрлі, бірін-бірі қайталайтын адам жоқ.* **Он сегіз мың ғалам [әлем].** д і н и. п о э т. *Жер жүзі, күллі дүние [мұсылмандық аңыз бойынша, Алла тағаланың жер бетінде жаратқан алты мың түрлі мақлұқат (фауна), алты мың түрлі нәбәтат (флора) және алты мың түрлі жамиғаттан (ұлт, ұлыс) тұратын әлемінің жалпы саны].* **Он төртінші [туған, күнде туған] айдай [айша, айға ұқсап]**. п о э т. *Толған айдай жарқырап, сұлуланып көзге түсіп (балиғатқа толған бойжеткен туралы).* **Он шақты**. *Шамасы онға жуық.*

**ОНАЗОТ** з а т. х и м. *Ұяшықты резеңке.*

**ОНАН: онан әрмен**. *Бұрынғыдан бетер.*

**ОНАН-МҰНАН** ү с т. *Әр жерден бір.*

**ОНАЯҚТЫ: онаяқты шаян тәрізділер.** з о о л. <лат. decapoba> *Омыртқасыздар типінің бір тобы.*

**ОНБАСЫ** з а т. **1.** э т н. *Ерте кездегі Орта Азия мен Қазақ хандықтарындағы он әскер үстінен қарайтын сарбаз лауазымы.* **2**. т а р. *Патша үкіметінің жергілікті жерде отарлау саясатын жүзеге асырушы.*

**ОНДА** ү с т. **1.** *Ол нәрседе, ол істе; ол жерде.* **2.** *Ол кезде, сол уақытта.* **3.** *Олай болған жағдайда, олай еткенде.*

**ОНДАҒАН** с а н. *Ұзын-ырғасы он шақты, көптеген.*

**ОНДАҒЫ** е с і м. **1.** *Ол жақтағы.* **2.** *Ол кездегі, ол уақыттағы.*

**ОНДАҒЫ-МҰНДАҒЫ** е с і м. *Арғы-бергідегі; анау-мынау.*

**ОНДАЙ**[1] с ы н. *Ол секілді, соған ұқсас.*

**ОНДАЙ: ондай қылма, мұндай қыл**. э т н. *Жастар ойыны.*

**ОНДАЙ-ОНДАЙ** с ы н. *Ол секілді, соған ұқсас.*

**Ондай-ондай хан қызында да болады.** *Ұсақ кемшілік кімде болса да болады.*

**ОНДАЙ-МҰНДАЙ** с ы н. *Анау-мынау, олпұл, оны-мұны.*

**ОНДАЙША** ү с т. ж е р г. *Сондай.*

**ОНДА-МҰНДА** ү с т. *Әр жерге (жерде) бір, әрлі-берлі.*

**ОНДАҚ-МҰНДАҚ** с ы н. ж е р г. ***Ондай-мұндай***.

**ОНДАТР** з а т. з о о л. < лат. ondatra zibethicus> *Аламан тұқымдасына жататын бағалы терілі аң.*

**ОНДЫҚ**[1] з а т. **1.** *Саны он кісіден тұратын топ.* **2.** *Карта ойынындағы тоғыздықтан кейінгі қағаз.* **3.** т а р. *Он сарбаздың үстінен қарайтын басшы; онбасы.*

**Ондық бөлшек.** м а т. *Бөлімі он санының бүтін дәрежесі болатын бөлшек.* **Ондық жүйе.** м а т. *Ондық санау жүйесі.* **Ондық логарифм**. м а т. *Негізі онға тең болатын логарифм, яғни берілген сан шығуы үшін онның дәрежеленетін дәреже көрсеткіші.* **Ондық санау жүйесі**. м а т. *Санаудың кең тараған жүйесі.* **Ондық система**. ***Ондық жүйе.*** **Ондық шам.** к ө н е. *Білтесінің көлденгі өзгелеріне қарағанда жалпақтау болатын шынылы майшам.*

**ОНДЫҚ**[2] с ы н. *Оған жарарлық, оған татырлық.*

**ОНДЫҚТАН** ү с т. с ө й л. *Олай бол- ғандықтан.*

**ОНЕЙРОФРЕНИЯ** з а т. м е д. *Сипаттамалары диссоциациясыз түс көруге ұқсас жағдай.*

**ОНЕМАТОПЕЯ** [гр. onomatopoiia-сөз жасаймын] з а т. л и н г в. *Дауысқа еліктеу.*

**ОНЖАРҒАЛА=** е т. ж е р г. *Шаршау, жүдеу, ұнжырғасы түсу.*

**ОНЖЫЛДЫҚ** з а т. с ө й л. **1.** *Он жылды қамтыған кезең.* **2.** *Жалпы білім беретін орта мектеп.*

**ОНЖЫРҒА** з а т. с ө й л. ***Ұнжырға***.

**ОНИКС** [грек, onyx (onychos) – тырнақ] з а т. х и м. *Ақ және қара жолақтардың өзара алмасуымен сипатталатын ақық.*

**ОНКО...** *Қатерлі ісікпен байланысты ауруларға, оларды емдеуге қатысты күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ОНКОЛИТТЕР** [грек, onkos – шор; lithos – тас] з а т. к е н. *Таужыныстардағы қазынды төменгі балдырлар мекендерінен қалыптасқан әктасты және доломитті түзілімдер.*

**ОНКОЛОГ** [грек. onkos – ісік, logos – ілім] з а т. м е д. *Қатерлі ісік ауруларын емдейтін маман дәрігер.*

**ОНКОЛОГИЯ** [oncos – өскін, ісік, logos – ілім] ]з а т. м е д. *Қатерлі ісік ауруларының пайда болу себептерін анықтайтын, емдейтін және алдын ала сақтану әдістерін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

**ОНКОЛЬ** з а т. э к о н. *Қарызгер банкінің белгілі бір мерзімге ашқан несиесін бірте-бірте пайдалану құқын алатын несие нысаны.*

**ОНКОЛЬДІК** [лат. oncall] с ы н. э к о н. *Онкольге қатысты, онкольге ән.*

**Онкольдік қаражат.** э к о н. *Талап етілетін қаражат.* **Онкольдік мәміле.** э к о н. *Талап етілетін мәміле.* **Онкольдік несие.** э к о н. *Алғаш талап еткен бойда өтелетін қысқа мерзімді несие.* **Онкольдік шот**. э к о н. *Банкідегі бағалы қағаздар кепілімен алынатын ағымдағы шот.*

**ОНКОСФЕРА** [грек. onkos – ілім, sphaire – шар] з а т. б и о л. *Алты қармақшысы бар таспа құрттардың жұмыртқадан дамыған дернәсілі.*

**ОНКОЦЕРОЗ** з а т. в е т. *Жылқы мен ірі қараның желке құрт ауруы, кейде аяқ буындарының тарамыстарында мекендейтін жіп тәрізді құрттар.*

**ОНКҮНДІК** з а т. *Он күнмен шектелетін уақыт аралығында өткізілетін шара.*

**ОНЛАЙН...** [ағыл. on-line] *Мағынасы шынайы уақытта істеліп жатыр дегенге тән күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**Онлайн режимі.** з а т. *Соғыс кезінде қарсыласқа моральдық ықпал жасау тәсілі ретінде тікелей эфирде ақпараттар мен мәліметтерді жаппай халыққа көрсету.*

**ОН-ЛАЙН** з а т. қ а р ж ы. *Несиелік карточканың эмитент-компанияның компьютерімен тікелей байланысы.*

**ОНЛАЙН-БИЗНЕС** з а т. ж а ң а. *Ғаламтордағы заманауи сауда жасау құрылымы.*

**ОНЛАЙН-ДҮКЕН** з а т. ж а ң а. *Ғаламтордағы сауда.*

**ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯ** з а т. и н ф. *Интернет желісінде өтетін конференция.*

**ОНЛАЙН-СӨЗДІК** з а т. ж а ң а. *Ғаламтордағы сөздік.*

**ОНОМАСИОЛОГИЯ** [грек. onoma – ат, есім, logos – ілім] з а т. *Семантиканың бір бөлігі, номинация (атау) теориясын зерттейтін тіл білімі саласы.*

**ОНОМАСТИКА** [грек. onomastikes] з а т. л и н г в. *Тіл біліміндегі жалқы есімдер жиынтығын зерттейтін сала.*

**ОНОМАТОЛОГИЯ** [грек. onoma – ат, есім, logos – ілім] з а т. л и н г в *Тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы.*

**ОНСАЙЫС** з а т. с п о р т. *Он жаттығудан тұратын, ерлерге арналған спорт түрі.*

**ОНСЕРІ** з а т. ж е р г. *Бес килограмдық ауырлық өлшемі.*

**ОНСЫ** з а т. э к о н. *Биржа мәмілесіндегі сыйлықақы.*

**ОНТОЛОГИЯ** [грек. on (ontos) – нағыз, нақты, logos – ілім] з а т. ф и л о с. к і т. *Бүкіл әлемдегі барлық заттардың негізін, құрылымын зерттеу мен шұғылданатын философияның тарауы.*

**ОНХОЦЕРКОЗ** з а т. в е т. *Жануарлардың жұмыр құрттар қоздыратын инвазиялық кеселі.*

**ОНША** ү с т. *Бөлендей дерлік, соншалықты.*

**Онша да мұнша [оншама мұнша].** *Көп уақыт, осынша.* **Оншадан мұнша жүріп.** *Жүріп-жүріп кеп.* **Онша емес.** *Бөлендей, көңілдегідей емес, шамалы.*

**ОНШАЛЫҚ** ү с т. *Оншама, соншалық.*

**ОНШАЛЫҚТЫ** ү с т. *Соншалықты, оншама.*

**ОНШАМА** ү с т. *Бөлендей, соншама.*

**ОНША-МҰНША** с ы н. *Жеңіл-желпі, бөлендей, айтарлықтай емес. // Қайта-қайта, аздап болса да.*

**ОНЫ-МҰНЫ** е с і м. *Болмашы, анау-мынау, ол-пұл.*

**ОНЫНШЫ** с а н. *Тоғыздан кейінгі реттік сан.*

**ОНЫ-ПҰНЫ** е с і м. с ө й л. ***Оны-мұны***.

**ОНІКІ** з а т. *Оған тән, сонікі.*

**ОҢ** с ы н. **1.** *Солға қарама-қарсы, соған қарсы жақтағы.* **2.** м а т е м. *Теріс емес, плюс мәнді.* **3.** а у ы с. *Дұрыс, жөн.*

**Оң ахуал**. а) *Дұрыс көңіл-күй.* ә) *Белгілі бір қалыптасқан болмыстың дамып, тұрақталуына әсер еткен қолайлы жағдай.* **Оң аяғымен аттады**. *Үйге жақсы тілек, ниетін білдірді деген мағынаны білдіретін қимыл ишарат.* **Оң батасын алды.** *Ризашылығын алды, риза етті.* **Оң батасын берді.** э т н. *Ризашылығын білдірді, сәт-сапар тіледі.* **Оң болсын.** т і л е к. *Сәті түссін.* **Оң [жақ] босаға.** э т н. *Киіз үй кеңістігінің әйел адамға, отанасына арналған бөлігі.* **Оң босағада отырған қыз.** э т н. *Әлі тұрмыс құрмаған, күйеуге шықпаған, ата-анасының үйінде жүрген қыз.* **Оңға басты.** *Жөнге келді.* **Оңға баспады**. *Жолы болмады, ісі кейін кетті.* **Оңға келді.** *Сәті түсті, реттелді.* **Оңға туралау.** и н ф. <ағыл. right alignment> *Мәтін жолдарының соңын беттің немесе бағананың оң жағындағы шеткі түзу бойымен реттеп орналастыру.* **Оң дамыту.** с а я с и. *Алға қарай дамыту, ілгерілеу.* **Оң жағымды қарайтты.** *Отбасын құрып, өрісін кеңейтіп, қамқор болды, пана, тірек болды.* **Оң жағына қондырды**. *Қамқорына алды.* **Оң жағынан [аяғынмен] тұрды.** *Істің сәті болды, жолы оңғарылды.* **Оң жақ**. а) *Солға қарама-қарсы жақ.* ә) э т н. *Бойжеткен қыздың ұзатылғанға дейін болатын туған үйі, төркіні [Қазақтың салты бойынша, киіз үйдің оң жақ босағасы бойжетіп отырған қыздың кеңістігі болып есептеледі, оң жақта отырған қызды күйеуге кеткенше мәпелеп, ерекше еркелетіп еркін өсірген*]. **Оң жаққа салды.** *Өліктің денесін оң кереге түбіне жайғастырды.*

**Оң жақтан [оңнан] айы, сол жақтан күні туды.** *Бақыты жанды, жолы ашылды, дәурені келді.* **Оң жақта отырған қыз.** этн. *Айттырылып қойған қыз.* **Оң жақтың қызығын көрді**. *Бойжеткен қыз өз ата-анасының үйінде еркелеп өсіп, қызықты күндерін өткізді.* **Оң жақты шек**. матем. *Ордината осінің 0-ден бастап оң жақтағы сандар шегі.* **Оң және теріс коэффициенттер.** матем. *Алгебралық формулалардың сандық (немесе әріптік) көбейткіштерінің түрлері.* **Оң жел**. *Қайықтың артынан соғатын жел.* **Оң жол.** *Дұрыс бағыт.* **Оң заряд.** физ. *Теріске қарсы заряд.* **Оң мен солын таныды [білді].** *Жақсы, жаманды ажыратуға жарады; есейді, ержетті.* **Оң кері байланыс.** <лат. positive feedback> физ. *Әрекеті кейбір кибернетикалық жүйенің бастапқы күйінен ауытқуын арттыруға бағытталған кері байланыс.* **Оң көзбен қарады.** а) *Шын пейілмен ықылас білдірді, құтты, бақты.* ә) *Дұрыс, жөн пейіл білдірді.* **Оң көзі.** *Біреудің жанашыр, сенімді адамы.* **Оң көру**. *Таңғалу.* **Оң қабағын берді.** *Жылы шырай білдірді.* **Оң қабағы тартты.** *Халық ұғымында жақсылық боларын сездіретін белгі.* **Оң қабақ көрсетті [танытты].** *Жылы шырай білдірді, ықыласы түсті.* **Оң қанат.** әск. *Әскер шебінің оң жақ бөлігі.* **Оң қарады.** *Көңілі түсіп, ықыласы ауды, ұнатты.* **Оң қарамады.** *Жақтырмады, жек көрді, көңілі қаламады.* **Оң қарынша.** *Қарыншаның бөлігі.* **Оң қол, сол қолын таныды.** *Ер жетті, есейді, жақсы мен жаманды айыра білді.* **Оң қолы.** *Біреудің сенімді адамы, сойыл соғары.* **Оң қолы болды.** *Сойыл соғары, жақтаушысы болды, сенімді көмекшісі болды.* **Оң мен солға қарамады.** *Алды-артына қарамады, мән бермеді.* **Оң мен солын айырды [таныды, білді, аңғарды].** *Жақсы мен жаманды ажырата білді, ержетіп, есейді.* **Оң мен солына қарады**. *Өмірге, төңірегіне абайлап назар салды.* **Оң санады.** *Жөн көрді, дұрыс деп тапты.* **Оң сандар**. матем. *Нөлден үлкен, плюс таңбалы сандар.* **Оң сапар тіледі.** тілек. *Алыс жолы сәтті болып, аман-есен оралуға тілек білдірді.* **Оң түбір**. матем. *Оң таңбалы, оң мәнді түбір.* **Оң тізесін басты.** *Ханның сенімді кеңесшісі, уәзірі болды.* **Оң шырай танытты.** *Жылы қары алды, оң қабақ білдірді.* **Оңына айналмады**. *Ісі теріске шапты, сәті түспеді.* **Оңынан айы, сол жақтан күні туды.** *Бағы жанды, жолы болды, заманы туды.*

**ОҢ[1]=** ет. *Жөнді болу, жетісу, жолы болу.*

**ОҢ[2]=** ет. **1.** *Бояуы қайту, өңі, түсі кету.* **2.** ауыс. *Бәрін басынан бастау, бастапқы күйден бастау.*

**ОҢА** ес. ескікіт. *Оған, соған.*

**ОҢА=** ет. ескікіт. ***Оңда.***

**ОҢАЗА** сын. **1.** *Жалаңдаған ашқарақ, тамақсау, қомағай.* **2.** ауыс. *Құлқыны, ындыны құрыған, аңсары ауған.*

**ОҢАЗАЛАН=** ет. **1.** *Араны ашылу, ашқарақтану, обырлану.* **2.** ауыс. *Ындыны құру, құмарту.*

**ОҢАЗАЛАНУ** *Оңазалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЗАЛЫҚ** зат. *Обырланған ашқарақтық, тамақсаулық.*

**ОҢАЙ** сын. **1.** *Қиын емес, ауырлығы жоқ, жеңіл.* **2.** *Еңбексіз, күш жұмсаусыз.*

**Оңай балқитын қорытпалар.** кен. *Балқу температуралары қалайының балқу температурасынан (233°С) асып түспейтін екі немесе көп құрамбөлікті қорытпалар.* **Оңай емес.** *Іске асуы, бітуі, орындалуы қиын.* **Оңай қоржын қылды.** *Жеңіл олжа қылды.* **Оңай тимеді.** *Қатты қиналды, күйзелтті.*

**ОҢАЙЛА=** ет. *Іс қиындай түспей, жеңілдену.*

**ОҢАЙЛАН=** ет. *Жеңілдену, тәуірлену, қиындамау.*

**ОҢАЙЛАНДЫР=** ет. *Жеңілдендіру, қиындатпау.*

**ОҢАЙЛАНДЫРУ** *Оңайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЙЛАНУ** *Оңайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЙЛАТ=** ет. *Жеңілдету, қиындатпау.*

**ОҢАЙЛАТУ** *Оңайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЙЛАТЫЛ=** ет. *Жеңілдетілу.*

**ОҢАЙЛАТЫЛУ** *Оңайлатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЙЛАУ[1]** сын. *Қиын болмайтындай, жеңілдеу.*

**ОҢАЙЛАУ[2]** *Оңайла етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЙЛЫҚПЕН** үст. *Тез арада, қиналмай, оңайшылықпен.*

**ОҢАЙШЫЛЫҚПЕН** үст. сөйл. ***Оңайлықпен.***

**ОҢАЙЫРАҚ** сын. *Жеңілірек, қиын емес.*

**ОҢАЛ=** ет. **1.** *Оңдалып жөніне келу, түзелу.* **2.** *Қатарға қосылу, жетіліп кету.* **3.** *Еталып, қоңдану, семіру.* **4.** ауыс. *Сырқаттан жазылу, айығу.*

**ОҢАЛДЫР=** ет. **1.** *Айықтыру, сырқаттан жазу.* **2.** *Жөнге келтіру, реттеу.*

**ОҢАЛДЫРУ** *Оңалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЛТ=** ет. *Жөнге келтірту, жақсарту.*

**ОҢАЛТУ** *Оңалт етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАЛУ** *Оңал етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАТ** сын. жерг. *Жақсы, жөнді, оң.*

**Оңаты келді.** *Реті келді, сәті түсті.*

**ОҢАТТА=** ет. жерг. *Өңдеу, жөндеу.*

**ОҢАТТАУ** *Оңатта етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАУ** *Оңа етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАША** үст. *Өзгелерден оқшау, жеке-дара, бөлек.*

**Оңаша қалдыру.** *Елден, көпшіліктен жырақ ету, бөлектеу.*

**ОҢАШАДА** үст. **1.** *Бөтен адам жоқ жерде.* **2.** *Ерекше жағдайда, әспеттеп.*

**ОҢАШАЛА=** ет. *Оңаша шығару, даралау, оқшаулау.*

**ОҢАШАЛАН=** ет. *Оқшаулану, бөлектену, жекелену.*

**Оңашаланған мүше.** лингв. *Өзінен бұрынғы сөйлем мүшесін жан-жақты нақтылап, дәлдеп тұратын айқындауыштың бір түрі.*

**ОҢАШАЛАНДЫР=** ет. *Оңашаландыру, бөлектеу.*

**ОҢАШАЛАНДЫРУ** *Оңашандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАШАЛАНУ** *Оңашалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАШАЛАТ=** ет. *Оқшаулау, жекелету, бөлектету.*

**ОҢАШАЛАТУ** *Оңашалат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАШАЛАУ[1]** сын. *Жұрт назарынан тыс, оқшаулау, бөлектеу.*

**ОҢАШАЛАУ[2]** *Оңашала етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАШАЛЫҚ** зат. *Сырт көзден тыс оқшаулық, жеке-даралық.*

**ОҢАШАР=** ет. *Жұрт тарап, үй іші босау, кеңу.*

**ОҢАШАРАҚ** сын. *Өзгелерден жеке-дара, шеттеу, бөлектеу.*

**ОҢАШАРУ** *Оңашар етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢАШПА=** ет. жерг. *Келісе алмау, жараспау.*

**ОҢБАҒАН** сын. *Ниеті қара, жексұрын, сұрқия. // Жексұрын, сұрқия адам. // Надан, қараңғы адам.*

**ОҢБАҒАНДЫҚ** зат. *Қараниеттік, жексұрындық, сұрқиялық.*

**ОҢБАҒЫР** сын. қарғ. *Құрып кеткір деген мағынадағы кейде жай ғана кейігенде айтылатын сөз.*

**ОҢҒАЙТТА=** ет. жерг. ***Оңтайлау.***

**ОҢҒАЙТТАУ** *Оңғайтта етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢҒАҚ[1]** зат. зоол. <лат. tinca tinca> *Судан шығарғанда түсі оңып кететін, денесі ұсақ қабыршақты, шырышы мол, тұқы тәрізділер отрядына жататын тұщы су балығы.*

**ОҢҒАҚ[2]** сын. **1.** *Өңін тез жоғалтатын, оңғыш, өзгергіш.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, опасыз.*

**ОҢҒАР=** ет. **1.** *Жолы болып, ісі оңға басу.* **2.** жерг. *Реттеу, жөнге келтіру.*

**ОҢҒАРУ** *Оңғар етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢҒАРЫЛ** = ет. *Оңға бастырылу, сәті түсірілуі.*

**ОҢҒАРЫЛУ** *Оңғарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢҒЫШ** сын. *Түсі тез кететін, оңғақ.*

**ОҢДА=** ет. **1.** *Жөнге келтіру, түзеу, дұрыстау.* **2.** *Сәті түсу, жолы болу.*

**ОҢДАЙЛАН=** ет. *Оқталу, ұмтылу.*

**ОҢДАЙЛЫ** сын. жерг. *Оңтайлы, икемді, бейімді.*

**ОҢДАЛ=** ет. **1.** *Сәті түсу, реті келу.* **2.** *Жөнделу, түзетілу.*

**ОҢДАЛУ** *Оңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДАП** үст. *Әбден, жан-жақты бүгешігесіне дейін.*

**ОҢДАС=** ет. *Жөндесу, көмектесу.*

**ОҢДАСУ** *Оңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДАТ=** ет. *Жөндету, ретке келтірту.*

**ОҢДАТУ** *Оңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДАУ** *Оңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДЫ** сын. *Жөні дұрыс, жақсы, тәуір.*

**ОҢДЫЛАУ** сын. *Өзгесінен гөрі тәуірлеу, жақсылау.*

**ОҢДЫЛЫҚ** зат. *Жөні тәуірлік, құрылымы дұрыстық.*

**ОҢДЫР=** ет. *Істі тындыру, бітіру, ретке келтіру.*

**ОҢДЫРМА=** ет. **1.** *Еш нәрсе тындыра алмау, түк бітірмеу.* **2.** *Рақым етпеу, аямау.*

**ОҢДЫРМАЙ** үст. **1.** *Үлкен етіп, баттитып.* **2.** *Аямай, бар пәрменімен.*

**ОҢДЫРМАУ** *Оңдырма етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДЫРТ=** ет. *Тындыру, бітіру.*

**ОҢДЫРТУ** *Оңдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДЫРУ** *Оңдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢДЫ-СОЛҒА** үст. *Олай-бұлай, әрлі-берлі.*

**ОҢДЫ-СОЛДЫ** үст. **1.** *Олай да бұлай, әрлі-берлі.* **2.** *Үсті-үстіне, кезекпе-кезек.*

**ОҢҚА[1]** зат. этн. **1.** *Асықтың аша жағының жоғары қарап тік тұру қалпы.* **2.** *Асық ойынының түрі.*

**Оңқа тұрды.** *Қаңтарылды, бос тұрды.*

**ОҢҚА**[2] з а т. м е д. *Банка (дәрігерлік құрал).*

**ОҢҚА**[3] с ы н. с ө й л. ***Оңқай.***

**ОҢҚАЙ** с ы н. **1.** *Жұмысты тек оң қолымен істейтін (адам).* **2.** *Малдың оң жақ аяғының асығы.*

**Оңқай асықтай жылдам.** *Епті, оралымға бейім, ыңғайлы.* **Оңқай көлік.** ж а ң а. *Рөлі оң жақта орналасқан жеңіл мәшине, көлік.*

**ОҢҚА-ШОҢҚА**: **оңқа-шоңқа болды [оңқа-шоңқасы шықты].** *Аяғы аспаннан келді, омақаса құлады.*

**ОҢЛА=** е т. ж е р г. *Өңдеу, жөндеу.*

**ОҢЛАУ** *Оңла етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢЛЫ** с ы н. ж е р г. *Оңды, ыңғайлы.*

**ОҢ-СОЛ** с ы н. *Оң және сол.*

**Оң-солын таныды.** *Жақсы-жаманды, келер-кетерді білді, ақылы толды.*

**ОҢСЫН=** е т. *Өз ісін, өз қылығын жөнсіну.*

**ОҢСЫНУ** *Оңсын етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢТАЙ** з а т. *Орайы, сәті түскен іс, қолайлы жағдай, реті келген ыңғай.*

**ОҢТАЙЛА=** е т. *Қолайлы ету, ыңғайлау.*

**ОҢТАЙЛАН=** е т. *Ыңғайлану, дайындалу.*

**ОҢТАЙЛАНДЫР=** е т. **1.** *Көптеген мүмкіндіктен ең жақсы нұсқасын таңдау, оңтайлы шешімдерді пысықтау.* **2.** *Жүйені ең оңтайлы жағдайға келтіру.*

**ОҢТАЙЛАНДЫРУ** з а т. и н ф. <ағыл. optimizer> *Объектілік модульді ыңғайлайтын оңтайландырушы аударғыштың бөлігі.*

**ОҢТАЙЛАНДЫРУ** *Оңтайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢТАЙЛАНЫҢҚЫРА=** е т. *Қолайлырақ етіңкіреу, ыңғайланыңқырау.*

**ОҢТАЙЛАНЫҢҚЫРАУ** *Оңтайланыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢТАЙЛАҢҚЫРА=** е т. *Ыңғайлаңқырау, реттеліңкіреу.*

**ОҢТАЙЛАҢҚЫРАУ** *Оңтайлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢТАЙЛАС=** е т. *Ыңғайласу, реттелісу.*

**ОҢТАЙЛАСУ** *Оңтайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢТАЙЛЫ** с ы н. *Икемді, лайықты, қолайлы, ыңғайлы.*

**Оңтайлы бағдарламалау.** и н ф. <ағыл. forced programming> *Бағдарламаның орындалу уақыты және, бірінші кезекте, сыртқы сақтау құрылғыларында орналасқан мәліметтерді іздестіру және таңдау уақытын азайтатын бағдарламалау тәсілі.* **Оңтайлы ету.** *Барынша қолайлы жасау.* **Оңтайлы жерден түсті.** *Ебін тауып жайлады, ыңғайын келтірді.* **Оңтайлы қуат.** ф и з. *Өнім бірлігіне шаққанда ең аз шығын жұмсалатын өндірістік операциялардың өнімділік деңгейі.* **Оңтайлы режім.** и н ф. <ағыл. optimal mode> *Берілген шарттар бойынша кейбір функцияның экстремумын жасақтайтын компьютердің немесе жүйенің жұмыс режімі.* **Оңтайлы ылғалдану белдемі.** с у ш а р. *Егіншілік үшін қолайлы атмосфералық жауын-шашынның жылдық қосындысының мөлшері булану көрсеткішіне тең немесе сәл ғана жоғары болатын аумақтар.*

**ОҢТАЙЛЫҚ** з а т. *Бір нәрсеге икемділік, лайықтылық, ыңғайлылық.*

**ОҢТАЙЛЫЛАУ** с ы н. *Икемдігі бар, ыңғайлылау, қолайлылау.*

**ОҢТАЙЛЫЛЫҚ** з а т. э к о н. *Экономикалық іс-әрекеттің ең таңдаулы тәсілі, бір нәрсенің оңтайлы мәніне жету мүмкіндігі.*

**ОҢТАЙЛЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Оңтайлық.***

**ОҢТАЙСЫЗ** с ы н. *Қолайсыз, ыңғайсыз,*

**ОҢТАЙСЫЗДЫҚ** з а т. *Икемі жоқтық, ебедейсіздік.*

**ОҢ-ТЕРІСІ** с ы н. *Істің ақиқатқа қатысы, дұрыс-бұрыс екені.*

**ОҢТҮСТІК** з а т. **1.** *Әлемнің төрт бұрышының солтүстікке қарама-қарсы жағы; түстік.* **2.** *Белгілі аймақтың түстік бағыттағы тұсы.*

**Оңтүстік ендік.** г е о г р. *Жер шарының экватордан оңтүстікке қараған қашықтығы.*

**ОҢТҮСТІК-БАТЫС** з а т. *Жер бетіндегі нүктенің оңтүстік жағының батыс тұсы.*

**ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС** з а т. *Жер бетіндегі нүктенің оңтүстік жағының шығыс тұсы.*

**ОҢУ** *Оң етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢША=** е т. е с к і к і т. *Түзету, жөндеу.*

**ОҢШАУ** *Оңша етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢШЫЛ** с ы н. т а р. с о в е т. с а я с. *Саяси кертартпалықты қолдайтын, реакцияшыл.*

**ОҢШЫЛДАН=** е т. қ о ғ. с а я с и. *Саясатта оңшыл (реакцияшыл, консервативтік) көзқараста болу жағына ауыса түсу.*

**ОҢШЫЛДАНУ** *Оңшылдану етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢШЫЛДАУ** с ы н. *Саяси кертартпалау, реакцияшылдау.*

**ОҢШЫЛДЫҚ** з а т. *Саяси кертартпалық, реакцияшылдық.*

**ОҢЫҢҚЫ** с ы н. *Түсі бозарыңқы, өңі қуарыңқы.*

**ОҢЫС=** е т. ж е р г. *Жөнге келісу, тату түру, ымыраласу.*

**ОҢЫСУ** *Оңыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОҢЫШ=** е т. ж е р г. *Келісе білу, тату түру.*

**ООГАМИЯ** [грек. oon – жұмыртқа, gamos – неке] з а т. б и о л. *Жыныстық көбеюдің сперманың жұмыртқа жасушасын ұрықтандыратын түрі.*

**ООГЕНЕЗ** [грек. oon – жұмыртқа, грек. genesis – пайда болу] з а т. б и о л. *Аналық жыныс жасушасының, яғни жұмыртқаның пісіп жетілуі.*

**ООДАРЫШ** з а т. с п о р т. *Қырғыздардың ат үстінде ойнайтын ұлттық ойыны, аударыспақ.*

**ООЛИТТЕР** [грек. oon – жұмыртқа, lithos – тас] з а т. г е о л. **1.** *Карбонаттар мен темір тотықтары және марганец т.б. тұратын минералдық құрылым.* **2.** *Шөгінді жыныстарда кездесетін шар немесе эллипс пішінді түзілімдер.*

**Оолит кендері.** г е о л. *Оолиттер шығарылатын кен орындары.* **Оолит рудалары.** г е о л. ***Оолит кендері.***

**ООЛИТТІ** с ы н. к е н. *Оолит араласқан, оолиті бар.*

**Оолитті шөгінділер.** г е о г р. *Негізінен оолиттерден құралған теңіз немесе көл шөгінділері.*

**ООЛИТТІК** с ы н. к е н. *Оолитке тән, оолитке қатысты.*

**Оолиттік құрылым.** г е о л. *Оолиттер мен керіштеуші заттан тұратын шөгінді таужыныстың құрылымы.*

**ООФОРИТ** [грек. oophoron] з а т. м е д. *Аналық жыныс безінің қабынуы.*

**ОП**[1] з а т. *Терең құз, ор.*

**ОП**[2] з а т. ж е р г. **1.** *Қада, қырманға қадаған ағаш.* **2.** *Шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы, оның айналасы, алаңы.* **3.** *Балшық басқанда шұңқырдың ортасында адам тұратын орын.*

**ОП**[3]:**оп басында.** с ө й л. ***О баста.***

**ОП**[4]**=** е т. **1.** *Қомағайлайланып асау, жалмау.* **2.** а у ы с. *Жоқ қылу, құрту, сіңіру.*

**Обырдай опты**. *Ажалдай төнді, аранын ашты.*

**ОПА**[1] [ар. وفاء]з а т. <франц. poudre> п а р ф ю м. *Гигиеналық және косметикалық мақсатта пайдаланылатын, бетті ағартып, әрлеуге арналған хош иісті, жұмсақ, майда ұнтақ.*

**Опа жақты.** *Опалады.*

**ОПА**[2] а р. з а т. *Қайыр-шапағат, қайырым.*

**Опа берді [етті, қылды].** *Құт-берекелі болды, қайыр-шарапаты тиді.* **Опа жоқ.** а) *Тұрақ, байлау жоқ, қайыр, құт жоқ.* ә) *Пайдасыз, бос әурешілік.* **Опа көрді.** *Пайда көрді, береке тапты.* **Опа көрмеді.** *Рахат көрмеді, жақсылық көрмеді.* **Опасы жоқ сұм жалған [дүние, дүние боқ].** *Тұрлауы жоқ пәни жалған; өткінші ғұмыр.* **Опа тапты.** *Пайда көрді, береке тапты, мұратына жетті.*

**ОПА**[3] з а т. ж е р г. *Дерт, нәубет.*

**ОПА**[4] з а т. *Оба, төбе.*

**ОПА-ДАЛАП** з а т. *Бетке, ерінге жағатын косметикалық заттар.*

**ОПАДАН** ү с т. ж е р г. *Ерсі, жөнсіз.*

**ОПАДАР**[1] з а т. з а т. е с к і к і т. **1.** *Ризық, нығмет беруші; Алла Тағаланың эпитеті.* **2.** *Құт, ізгілік.* **3.** а у ы с. *Сүйеніш, тірек.*

**ОПАДАР**[2] з а т. *Ит жылы туған адам.*

**ОПАЙКЕ** з а т. *Бұзау терісінен өңделген былғары.*

**ОПАЙТ=** е т. ж е р г. *Шошайту, үйіп қою.*

**ОПАЙ-ТОПАЙ** е л і к. **1.** *Ұмар-жұмар, опыр-топыр.* **2.** *Астан-кестен, бейберекет.*

**ОПАЙТУ** *Опайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОПАКА** [франц. opaque] з а т. к е н. *Негізінен аморфты кремнезмнен (опалдан) тұратын (92–98%), саз түйіршіктерінің, ағзалар (диатомдар, радиоляриилер, кремнийлі губкалар) қалдықтарының, минерал (кварц, дала шпаттары, глауконит және т.б.) түйірлерінің аздаған мөлшерін кіріктіретін жеңіл, қатты, ұсақ кеуекті, кремнийлі таужыныс.*

**ОПАҚ: отырса [отырғаны] опақ, тұрса [тұрғаны] сопақ.** *Іс-әрекеті, жүріс-тұрысы ұнамады, жақпады.*

**ОПАЛ** [лат. oplaus] з а т. х и м. *Тотықтар класына жататын табиғи минерал.*

**ОПАЛА=** е т. *Бетіне опа жағу; сәндену.*

**ОПАЛАН=** е т. *Бетке опа жағыну, сәндену.*

**ОПАЛАНУ** *Опалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОПАЛАҢ-ТОПАЛАҢ** е л і к. *Опыр-топыр, әбігер қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Опалаң-топалаң болды.** *Опыр-топыр болды, әбігерге түсті.*

**ОПАЛАУ** с ы н. ж е р г. *Бос, нашар, осал.*

**ОПАЛАУ** *Опала етістігінің қимыл атауы.*

**ОПАЛЕСЦЕНЦИЯ** з а т. ф и з. *Дисперсті фаза бөлшектерінің сыну көрсеткішінен дисперсті орталық сыну көрсеткішінің айтарлықтай айырмашылығы бар коллоидты жүйенің жарықты шашыратуы.*

**ОПАЛИНДЕР** [лат. opalinata] з а т. б и о л. *Саркомастигофорлар типіне жататын қарапайымдар.*

**ОПАЛЫ** с ы н. *Тұрақты, тұрлаулы, баянды.*

**ОПАЛЫЛЫҚ** с ы н. *Опалы болушылық, тұрлаулылық.*

**ОПАН** з а т. ж е р г. *Көлемі кең қазылатын құдық.*

**ОПАР** с ы н. ж е р г. *Қияңқы, содыр, сотқар, тебір, тентек.*

**ОПАРА** з а т. т а м а қ. *Аздап қант пен ұн қосылып, суға езілген ашытқы.*

**ОПАР-ТОПАР** зат. жерг. *Опыр-топыр, апыр-топыр.*

**ОПАСЫЗ** сын. **1.** *Екіжүзді, құбылмалы. // Екіжүзді адам.* **2.** *Тұрақсыз, түрлаусыз.*

**Опасыз дүние [жалған].** *Тұрлаусыз өмір, фәни дүние.*

**ОПАСЫЗДАЙ** зат. сөйл. жерг. ***Опасыз.***

**ОПАСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Опа көрсетпеушілік, екіжүзділік.* **2.** *Жауыздық, дұшпандық.* **3.** псих о л. *Адамның азамат, ұйым мүшесі, отағасы ретіндегі әлеуметтік позицияларынан (мәртебесінен), парыз ұғымынан және т.б. туындайтын, өзі ұстанған принциптерін, сенімдерін, міндеттерін бұзатын іс-әрекетінің сипаттамасы.*

**Опасыздық етті [қылды, істеді].** *Пәтуада тұрмады, тұрлаусыздық істеді, алдады.*

**Опасыздық жасады.** *Сатқындық жасады.*

**ОПАТ** [ар. وفات] зат. *Өлімге, қырғынға ұшыраушылық.*

**Опат болды.** *Мерт болды, мезгілсіз қазаға ұшырады.* **Опат қылды [етті].** *Өлім құштырды, мерт қылды.*

**ОПАШЫЛ** сын. *Баянды, тұрлаулы.*

**ОПАШЫЛДЫҚ** зат. *Қайырымдылық, баяндылық.*

**ОПЕНИНГ** зат. экон. **1.** *Бағалы қағаздың не тауардың сауда күнінің басындағы бағасы.* **2.** *Нарық мүмкіндігінің қысқа мерзімді шеңбері.*

**ОПЕРА** [итал. opera] зат. муз. *Қатысушы кейіпкерлер оқиғаны оркестрдің сүйемелдеуімен, көтеріңкі ырғақпен орындайтын сахналық музыкалы-драмалық шығарма.*

**Опера театры.** өнер. *Опералық шығармаларды көрсететін театр.*

**ОПЕРАЛЫҚ** сын. муз. *Операға лайық, операға арнап жазылған.*

**ОПЕРАНД** [лат. operand] зат. инф. **1.** *Компьютер командасында немесе бағдарламасында кез келген операцияға (іс-әрекетке) қатынасатын мәліметтер элементі.* **2.** *Мәшинелік операциялар жасайтын деректер нышаны.*

**Операнд өрісі.** инф. <ағыл. argument field> *Мәшинелік команданың немесе операнды бар ассемблер командасының бөлігі.* **Операнд регистрі.** инф. <operand register> *Орындалатын команда операндысын орналастыруға пайдаланылатын арифметикалық-логикалық құрылғы регистрі.* **Операндтың атқару адресі.** инф. *Жадқа орналасқан операндтың орнын анықтау үшін санауыштың тапқан ығыстыру аралығы.*

**ОПЕРАТИВТІ** сын. *Шұғыл шешімді керек ететін, тікелей іске асырылатын; қолма-қол.*

**Оперативті жад.** инф. <ағыл. random acces memory (RAM), main storage> *Процессорда орындалып жатқан бағдарламалар мен оларға қажетті мәліметтерді сақтайтын компьютердің жедел жады.* **Оперативті меню.** инф. <ағыл. shortcut menu> *Меңзермен объектіні көрсетіп тұрып, нұсқағыштың оң батырмасын басқанда, суырылып шығатын жанама меню.* **Оперативті өңдеу.** инф. < ағыл. shortcut processing > *Мәліметтерді жүйеге келіп түсісімен кідіріссіз өңдеу.* **Оперативті регистр.** инф. <ағыл. scratch-pad register> *Компьютердің аса жедел жадының регистрі.* **Оперативті таңдау пернесі.** инф. <ағыл. shortcut key> *Көптеген қолданбалы бағдарламалар мен графикалық интерфейстерде – менюге кірмей-ақ, кейбір командаларды жылдам шақыратын перне немесе пернелер комбинациясы.* **Оперативті топ.** *Белгілі бір маңызды мәселені шұғыл шешу үшін құрылған адамдар тобы.*

**ОПЕРАТИВТІК** сын. ***Оперативті.***

**Оперативтік есеп.** *Белгілі бір шаруашылық операцияларын тікелей жүзеге асырылып жатқан жерде және сәтте күнделікті бақылау мен тіркеу жүйесі болып табылатын шаруашылық есебінің түрі.*

**ОПЕРАТИВТІЛІК** зат. *Іске тікелей араласушылық, іскерлік.*

**ОПЕРАТОР** [лат. operator] зат. **1.** *Кино түсіруге арналған техникалық құралдардың қызметін реттейтін маман.* **2.** *Өнеркәсіп пен әскери техникалардың тетігін басқарушы, бақылап ретке салушы.* **3.** инф. *Компьютер жұмысын бақылап, басқарып отыратын, оған мәліметтер енгізіп, нәтижелерінің шығарылуын тексеретін маман.* **4.** тех. *Пульт арқылы күрделі жабдықтардың жұмысын басқарушы маман (мысалы, радиолокация, стансылар, бұрғылау қондырғылары, электронды есептеуіш машиналарында т.б.).* **5.** матем. *Жүйені сипаттайтын функцияны түрлендірудің математикалық түрлі операцияларын (алгебралық, дифференциялық, интегралдық т.б.) жасайтын математикалық өрнек.*

**Оператор командасы.** инф. <ағыл. operator command> *Пайдаланушының пернетақтадан операциялық жүйенің енгізген командасы.* **Оператор қатесі.** инф. <ағыл. operator error> *Есептеу үдерісін басқару барысында білмеу немесе ұқыпсыздық салдарынан компьютер операторының жіберген қатесі.* **Операторлар кезектестілігі.** инф. <ағыл. operator precedence> *Өрнектерді есептеу кезінде орындалатын операторлардың (амалдардың-операциялардың) белгілі бір реттілікпен – артықшылықпен кезектесе орындалуы.* **Операторларды ішке салу.** инф. <ағыл. statement nesting> *Бір немесе бірнеше операторды бағдарламаның басқа операторының ішіне орналастыру* . **Операторлар теориясы.** инф. *Операторлардың қасиеттерін, олардың әртүрлі есептерді шешуде қолданылуын зерттейтін функционалдық анализ бөлімі.*

**ОПЕРАТОРЛЫҚ** сын. *Операторға тән, операторға қатысты.*

**Операторлық жақшалар.** инф. <ағыл. statement brokets> *Бағдарламаның операторлар жиынтығын шектейтін қолғабыстық сөздер begin және end.* **Операторлық қызмет**. *Оператор атқара- тын қызмет.* **Операторлық өнер.** кин о. *Көркем шығармашылықтың кинематографиялық түрі.* **Операторлық схема.** инф. <ағыл. the operator circuit> *Жад схемасынан, схемалар қаңқасынан жинақ және полюстер арасында жадты үлестіру.*

**ОПЕРАЦИЯ** [лат. operatio] зат. **1.** мед. *Ота, адам не хайуан денелеріндегі кеселді жою үшін жасалатын хирургиялық емдеу тәсілі.* **2.** *Белгілі бір жұмыстың орындалу барысы, атқарылу үдерісі.* **3.** әск. *Белгілі бір елді мекенді, қаланы жаудан азат ету не басып алу мақсатымен істелетін әскери-стратегиялық қимыл, әрекет.* **4.** инф. *Компьютердегі мәліметтермен орындалатын белгілі бір іс-әрекет.*

**Операция бөлмесі**. мед. *Ауруларға операция жасалынатын арнаулы бөлме.* **Операция жасады.** *Кеселді хирургиялық жолмен сылып тастады.* **Операция коды.** инф. <ағыл. operation code (opcode)> *Орындалатын операцияны (операндтар құрылымын да) анықтайтын мәшинелік команда өрісі.* **Операциялар бойынша жоспарлау.** *Орындалатын жұмыс қағидаттары бойынша өндірістік ресурстарды топ-топқа бөлу.* **Операцияларды қосарлау коэффиценті.** кен. *Үңғылау циклінде кейбір үдерістер мен операциялардың бір мезгілде қос атқарылуы мүмкіндігін сипаттайтын шама.* **Операциялардың қосарлануы.** инф. <ағыл. instruction overlap, pipelining> *Әртүрлі құрылғыларда бағдарлама операторлары берген әрекеттердің бір мезгілде орындалуы.* **Операцияларды хронометраждау.** кен. *Нұсқаулық-технологиялық карталарды жасауға қажетті мәліметтер алу мақсатымен циклдік және мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын операцияларды орындауға жұмсалатын уақытты есептеп, зерттеу.* **Операция өрісі.** инф. <ағыл. operation field> *Мәшинелік команданың бөлігі немесе операция кодын жазуға арналған стандартты бланктың өрісі.* **Операция регистрі.** инф. <ағыл. opera- tion register> *Операция коды бар басқару құрылғысындағы командалар регистрінің бөлігі.* **Операция үстелі**. *Ауру адамға операция жасау үшін дайындалған орын, арнаулы үстел.*

**ОПЕРАЦИЯАРАЛЫҚ** сын. *Операциялар арасындағы.*

**ОПЕРАЦИЯЛА=** ет. сөйл. *Операция жасау, кеселді сылу, ота жасау.*

**ОПЕРАЦИЯЛАН=** ет. *Операция жасалыну.*

**ОПЕРАЦИЯЛАНУ** *Операциялан етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЕРАЦИЯЛАУ** *Операцияла етістігі- нің қимыл атауы.*

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Операцияға қатысты, операцияға тән.*

**Операциялық автомат.** инф. *Операциялық құрылғының атқарушы бөлігі.* **Операциялық бағдарлама.** инф. <ағыл. operationing program> *Есептеу желілерінде әрекеттесетін параллель процестердің жиынтығы сияқты ұйымдастырылған желілік процессордың бағдарламасы.* **Операциялық жүйе.** а) инф. <ағыл. operating system> *Компьютердің барлық басты әрекеттерін (пернелер тақтасын, экранды, диск-жетектерді пайдалануды), сондай-ақ қатар операциялық жүйенің басқарумен іске қосылатын басқа бағдарламалардың жұмысын басқаратын, көбінесе тұрақты сақтауыш құрылғыда тұратын, мәшинелік кодта жазылған бағдарлама.* ә) экон. *Ұйымның өндірістік атқарымының жалпы жүйесі.* **Операциялық жүйе жүктеуші.** инф. <ағыл. operating system loader> *Компьютер алғаш іске қосылғанда операциялық жүйені дискіден оперативті жадқа енгізуді жүзеге асыратын бағдарлама.* **Операциялық жүйе қоршамы.** инф. <ағыл. shell> *Операциялық жүйе мен пайдаланушы-адамның өзара әрекетін жеңілдететін резиденттік бағдарлама.* **Операциялық жүйені жүктеуіш.** инф. <ағыл. operating system loader> *Системалық дискінің boot – секторында орналасқан операциялық жүйені жүктеу бағдарлама.* **Операциялық жүйе ядросы.** инф. <ағыл. operating system kernel> *Компьютердегі барлық үдерістерді басқаратын және оның жедел жадында тұрақты орналасатын операциялық жүйенің негізгі бөлігі.* **Операциялық зерттеу.** инф. *Жүйені талдау тәсілі.* **Операциялық көрсеткіштер.** экон. *Субъектінің негізгі өндіріспен тікелей байланысты емес ағымдағы операцияларын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер.* **Операциялық кірістер.** экон. *Сатудан түскен жекеше түсім, несиелер мен салымдар бойынша пайыздар, жалгерлік төлемдердің түсуі, комиссиялық алымдар, айыппұлдар, өсімпұл, сотта ұтқан немесе сотқа дейінгі келісімтәртібімен шешілген даулар бойынша тұрақсыздық айыбы*

*т.б.* **Операциялық құрылғы.** инф. <ағыл. operation unit> а) *Арифметикалық операцияларды орындайтын мультиплексордың құрамды бөлігі.* ә) *Ақпаратпен әртүрлі операциялар орындауға арналған кез келген цифрлық құрылғы.* **Операциялық лизинг.** экон. *Мерзімі бұйымының амортизациялық кезеңінен қысқа келісім.* **Операциялық орта.** инф. <ағыл. operational environment> *Операциялық жүйе арқылы ұйымдастырылған бағдарламалық орта; операциялық жүйе мен оның қосымшалары.* **Операциялық семантика.** инф. <ағыл. operational semantics> *Кейбір функцияларды есептеу тәсілінің берілуімен анықталатын тіл семантикасы.* **Операциялық тарих.** инф. *Операторлық режімдер терминдерінде предикаттық айналымдар жинағымен бағдарлама өткізілгені туралы операторлардың толық тізбегі.* **Операциялық шығындар.** экон. *Тауарды өткізуге жұмсалған шығындар, басқару шығыстары, пайыз, салық, айыппұл т.б. төлеуге байланысты шығындар.*

**ОПЕРЕТТА** [итал. operetta] зат. муз. *Музыкалы комедия араласатын, операның шағын түрі.*

**ОПЕРЕТТАЛЫҚ** сын. *Опереттаға қатысты, соған тән.*

**ОПЕРКОТ** зат. спорт. *Бокста қарсыласты иегінің астынан ұру тәсілі.*

**ОПЕРОГРАММА** зат. инф. *Басқарушылық және өндірістік операциялардың тізбектілігінің кестелік-графикалық бейнеленуі түрлерінің бірі.*

**ОПЕРОН** [лат. operare] зат. биол. *Ақпаратты РНҚ-ның бір молекуласының транскрипциясын реттейтін гендер тобы.*

**ОПИСТОРХОЗ** [грек. opisthen – артында, артқы, orehis – аталық без] зат. биол. *Ішек құрт ауруы.*

**ОПИСТОЦЕЛЬДІ: опистоцельді омыртқа.** биол. *Омыртқа денесі алдыңғы жағынан дөңес, артқы жағынан ойыс болып келетін омыртқа түрі.*

**ОПҚЫН** зат. сөйл. ***Оппа.***

**ОП-ОДАНЫ** үст. жерг. *Біртүрлі, лайықсыз, ерсі.*

**ОПОКА** зат. кен. *Кремнийлі шөгінді тау жынысы.*

**ОП-ОҢАЙ** сын. *Ешбір қиындықсыз, жепжеңіл.*

**ОП-ОҢДЫ** сын. *Жап-жақсы, тәп-тәуір.*

**ОП-ОЯУ** сын. *Ояу, ұйықтамаған.*

**ОППА** зат. **1.** *Ой-шұңқырларға жиналған борпылдақ, бос қар.* **2.** *Борпылдақ құм.* **3.** жерг. *Аң ұстау үшін қалың қарды қазып, ішіне от жағып, айналасын мұз қылып жаптырған шұңқыр.*

**ОППАЛА=** ет. сөйл. ***Омбыла.***

**ОППАЛАТ=** ет. сөйл. ***Омбылату.***

**ОППАЛАТУ** *Оппалат етістігінің қимыл атауы.*

**ОППАЛАУ** *Оппала етістігінің қимыл атауы.*

**ОППАЛЫ** сын. *Оппа қар жиналған, оппасы бар.*

**ОППОЗИЦИОНЕР** зат. кәс. *Оппозицияны жақтаушы, қарсы жақ.*

**ОППОЗИЦИЯ** [лат. oppositio] зат. қоғ.-саяси. **1.** *Өз көзқарасын, саясатын басқа немесе биліктегі топ саясатына, көзқарасына қарсы қою, қарсы әрекет жүргізу.* **2.** *Көпшіліктің пікіріне немесе басым пікірге қарсы шығушы белгілі бір топ немесе партия.* **3.** *Билеуші партияға не үкімет саясатына өз көзқарасын қарсы қоюшы, күресуші адам не партия.*

**ОППОЗИЦИЯЛЫҚ** сын. *Оппозицияға қатысты, оппозицияға тән.*

**Оппозициялық партия.** саяси. *Ресми үкіметтің саясатына, басым пікіріне қарсы шығып, көзқарас-пікірін ұсынатын партия.*

**ОППОЗИЦИЯШЫЛ** зат. *Оппозицияны жақтаушы, қостаушы.*

**ОППОНЕНТ** [лат. opponens] зат. **1.** ғыл. *Ғылыми баяндамаға, диссертацияға талдау жасап, баға беруші және қарсы пікір айтушы адам.* **2.** *Дау-дамай, тартыс-таластағы қарсылық.*

**ОППОРТУНИЗМ** [лат. opportunus] зат. саяси. *Ымырашыл топ, саяси ағым.*

**ОППОРТУНИСТ** зат. саяси. *Оппортунизм жолына түскен, ымырашыл адам; келісімпаздық.*

**ОППОРТУНИСТІК** сын. саяси. *Оппортунистерге тән, соларға лайық.*

**Оппортунистік қылық.** саяси. *Әріптестің есебінен пайда алу мақсатымен келісімшарт талаптарын сақтаудан жалтарушы жеке адамдардың әрекеті.*

**ОПТАНТ** [лат. optans (optantis)] зат. қоғ. *Азаматтықты таңдау құқы бар адам.*

**ОПТАЦИЯ** [лат. optatio] зат. құқық. *Азаматтық алу және тоқтату тәсілі; мемлекетке тиісті аумақ өзгерген жағдайда азаматтықты таңдап алу.*

**ОПТИК** зат. физ. *Оптика маманы; физик.*

**ОПТИКА** [грек. optike] зат. физ. *Жарықтың таралуын, жарық пен зат арасындағы құбылыстарды зерттейтін физика ғылымының бір саласы.*

**ОПТИКАЛЫ** сын. физ. *Оптикасы бар; әйнекті.*

**ОПТИКАЛЫҚ** сын. *Оптикаға қатысты, соған тән.*

**Оптикалық атаксия.** физ. *Визуалды бақылау кезінде нысанаға жете алмуымен сипатталатын атаксия.* **Оптикалық афазия.** псих. *Визуалды көрінетін объектілерді атай алмауымен сипатталатын неврологиялық күй.* **Оптикалық бейне.** физ. *Нысанды айнамен, линзамен немесе басқа оптикалық құрылғымен шағылыстыру арқылы пайда болатын кескін.* **Оптикалық бүркемелер.** әск. *Бүркеніштi объектілер мен қарсылас арасындағы әртүрлі кедергілер.* **Оптикалық диск.** инф. <ағыл. optical disk (compact-disk)> *Лазерлік технология арқылы мәлімет жазу мен оқуға арналған ақпарат жинақтауыш дискілерге қойылған жалпы атау.* **Оптикалық дискідегі жинақтауыш.** инф. <ағыл. optical disk drive> *Ақпаратты сақтау құрылғысы оптикалық диск болып келетін мәліметтер жинақтауыш.* **Оптикалық дисперсия.** физ. *Жарық толқындарының ұзындықтарына байланысты оптикалық тұрақтыларының өзгеруі.* **Оптикалық енгізу.** физ. <ағыл. optical entry> *Оптикалық құралдарды: фото- оқығыштарды, оптоэлектроника құралдарын, лазерлік техниканы қолдану арқылы мәліметтерді енгізу.* **Оптикалық ентаңба.** физ. <ағыл. optical label> *Оптикалық электрлік тәсілмен қабылданатын мәліметтер тасушыдағы белгі.* **Оптикалық жеткізу.** физ. *Лазерлер мен оптикалық талшықтарды пайдаланатын жеткізу жүйесі.* **Оптикалық жүйе.** физ. *Оптикалық кескіндер құрайтын, әйнекті аспаптардың жиынтығы.* **Оптикалық индикатриса.** физ. *Кристалдардан өтетін жарық толқындарының тербеліс бағыттары мен сыну көрсеткіштерін сипаттайтын векторлар бойынша жасалған бейне.* **Оптикалық кварц.** инф. *Тау хрусталінің ультракүлгін сәуледегі өте мөлдір, ақаусыз кристалы не оның бөлігі.* **Оптикалық кескін.** физ. *Нысаннан тарайтын және оның контуры мен жеке бөлшектерін кескіндейтін сәулелердің оптикалық жүйе арқылы өтуі нәтижесінде алынатын кескін.* **Оптикалық компенсатор.** тех. *Өзара түйіскен екі сәуленің (немесе толқынның) арасындағы фазалардың айырмасын дәл өлшеуге арналған оптикалық құрылғы.* **Оптикалық күш.** физ. *Оське қарағанда симметриялы болатын линзалар мен линзалар жүйесінің жарық сәулесін сындыру қасиетін сипаттайтын шама.* **Оптикалық қаріп.** инф. *Оптикалық құрылғылардың мәселелерін тез шешу үшін арнайы жасалған қаріп.* **Оптикалық минералдар.** физ. *Оптика өндірісінде қолданылатын минералдар – сутас, марион, исланд шпаты, флюорит, гипс және т.б.* **Оптикалық ось.** физ. *Жарықтың қосарлануы жүзеге аспайтын бағыт.* **Оптикалық резонатор.** физ. *Оптикалық диапазондағы электрмагниттік толқындар қоза алатын айналар жүйесі.* **Оптикалық сәуле.** физ. *Толқын ұзындығы нм-дің үлесінен мм-дің ондық үлесіне дейінгі диапазонды (жиілік диапазоны* $\sim 3 \cdot 10^{11} - \sim 3 \cdot 10^{17}$ *Гц) қамтитын электрмагниттік толқындар.* **Оптикалық спектр.** физ. <грек. optike> *Толқын ұзындығы диапазоны* $10^{3} - 10^{-3}$ *мкм аралығындағы электрмагниттік сәуле шығару спектрлері.* **Оптикалық талшық.** физ. *Жарықтық сигналдарды жеткізуге пайдаланылатын мөлдір материалдан жасалған жіп.* **Оптикалық тұрақтылар.** физ. *Әр заттың оптикалық қасиеттерін сипаттайтын тұрақты шамалар.* **Оптикалық тіркемжабдықтар.** физ. *Ажыратқыш микроскоп окулярының орнына қойыла отырып, әртүрлі арнаулы зерттеулерді жүзеге асыру мақсатында қолданылатын қосымша жабдықтар жиынтығы.* **Оптикалық шыны.** хим. *Жоғары мөлдірлігімен және оптикалық біртектілігімен ерекшеленетін шыны.*

**ОПТИМАЛ** [лат. optimus] сын. кіт. ***Оптималды.***

**Оптимал шешім**. *Тиімді, оңтайлы шешім.*

**ОПТИМАЛДЫ** [лат. optimus] сын. **1.** *Тиімді, ұтымды, үйлесімді.* **2.** *Қолайлы, қажетті; жеткілікті.*

**Оптималды бағалау**. экон. *Дамудың оптималды бағдарламасын жасау құралдары болып табылатын бағалау.*

**ОПТИМАЛДЫҚ** сын. *Қолайлы, тиімді, ұтымды.*

**ОПТИМИЗМ** [лат. optimus] зат. *Өмірге, болашаққа сеніммен қарайтын бағыт, өршіл көзқарас.*

**ОПТИМИСТ** зат. *Болашаққа жарқын сенім артатын, өршіл көзқарасты адам.*

**ОПТИМИСТІК** сын. *Оптимизмге толы, өршіл ойлы; сенімді.*

**ОПТИМУМ** [лат. optimum] зат. **1.** *Оңтайлы, ең қолайлы жағдайлар жиынтығы.* **2.** биол. *Жер бетіндегі бүкіл тіршілік иелеріне өз мекен орындарындағы абиотикалық, биотикалық факторлардың өсіп-өнуіне қолайлы, тиімді әсер-ықпалдары бар кез келген тіршілік ортасының ағза үшін қажетті қолайлы жағдайы.*

**Оптимум кард.** экон. *Оңтайлы карточка.* **Оптимум парето.** экон. *Барынша жоғары әл-ауқат тұжырымдамасы.*

**ОПТОЭЛЕКТРОНИКА** зат. физ. *Жұмыс істеуі жарық сәулелерін немесе толқындардың оптикалық аумағындағы электрмагниттік тербелістерді пайдалануға негізделген опто-*

*электрондық элементтерді қолданып, есептеуіш құралдарды жасау технологиясы.*

**ОПТРОН** зат. физ. *Электрондық сигналдар мен сәулелерді түрлендіру мен күшейтуге пайдаланылатын электрондық құрал.*

**ОПТЫҒУ** жерг. *Оптық етістігінің қимыл атауы.*

**ОПТЫҚ=** ет. *Күші әлсіреу, шаршау, діңкелеу.*

**ОПЦИОН** [нем. Option] зат. экон. **1.** *Мерзімдік биржа мәмілесіне енгізілетін, екі жақтың біріне екіұдай мәміленің бірін таңдау құқығын беретін шарт.* **2.** *Сыйлықақылы мәміле.* **3.** *Құндылықтардың немесе қаржы құқықтарының белгілі бір түрін мәміле жасасу сәтінде күні бұрын белгіленген бағамен сатып алу-сату құқығы немесе шарттық міндеттемесі.* **4.** *Аукциондарды сатып алу-сату жөніндегі биржа мәмілесінің ерекше түрі.* **5.** *Компаниялардың өздерінің жоғары дәрежелі қызметшілеріне акцияларды тұрақты бағамен сатып алуға берген құқығы.* **6.** *Белгілі бір көлемдегі акцияларды көрсетілген шарттар негізінде сатып алу жөніндегі күні бұрын ескертілген артықшылықты құқық.* **7.** *Теңіз жолымен жүк тасымалдау шартында кеме жалдаушыға берілетін баламалы талаптардың бірін таңдау құқығы.*

**ОПЦИОНДАЛ=** ет. *Опциондық құқыққа ие.*

**ОПЦИОНДАЛУ** *Опциондал етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЦИОНДЫҚ** сын. экон. *Опционға тән, опционға қатысты.*

**Опциондық айырма.** экон. *Белгілі бір жіктелімдегі опциондарды бір мезгілде сату және сатып алу.* **Опциондық қарыз.** экон. *Несиегерге белгілі бір шекте қарызды өтеу шарттарын таңдау құқығы берілетін қарыз не борышқорлық міндеттеме түрі.* **Опциондық сыйлықақы.** экон. *Опционды сатып алуға жұмсалатын сома.*

**ОПЦИЯ:опция батырмасы.** инф. <ағыл. option button> а) *Графикалық пайдаланушылық интерфейсте – диалогтық терезедегі шағын дөңгелек батырмалар тобы.* ә) *Мәзірдің орындалатын кез келген жолы (мүмкіндігі).* б) *Команданың қосымша орындай алатын әрекетін белгілейтін қосқыш (қанатбелгі, жалауша).* в) *Міндетті түрде орындалмайтын параметр, вариант.* г) *Компьютердің ең төменгі деңгейдегі құрамына міндетті түрде кірмейтін құрылғы.*

**ОПЫ** зат. этн. *Үй; лашық.*

**ОПЫҒУ** *Опық етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫҚ** зат. *Қапы қалушылық, өкініш.*

**Опық жеді.** *Өкінішке қалды; бармағын тістеді, санын соқты.*

**ОПЫҚ=** ет. *Өкінішке қалу; санын соғу.*

**ОПЫҚСЫЗ** сын. *Опығы жоқ, өкінішсіз.*

**ОПЫҚТЫ** сын. *Опық жеген, өкінішті.*

**ОПЫН=** ет. *Опық жеу, өкіну.*

**ОПЫНДЫР=** ет. *Өкіндіру.*

**ОПЫНДЫРУ** *Опындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫНУ** *Өкіну етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫНЫС** зат. сөйл. ***Өкініш.***

**ОПЫР=** ет. **1.** *Бүтін затты бөлу, сындыру.* **2.** *Қирату, шағу, сындыру.* **3.** ауыс. *Қомағайлану, обырлану.*

**ОПЫРАЙ=** ет. *Тісі қаусап қалу, қызыл иек болу.*

**ОПЫРАЙТ=** ет. *Үңірейту, қаусату.*

**ОПЫРАЙТУ** *Опырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРАЙЫЛ=** ет. *Үңірейтілу, қаусатылу, омырылу.*

**ОПЫРАЙЫЛУ** *Опырайыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРАҢДА=** ет. *Аузын опыраң-опыраң еткізу.*

**ОПЫРАҢДАУ** *Опыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРАЮ** *Опырай етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРҒЫЗ=** ет. *Опырту, сындырту, омырайту.*

**ОПЫРҒЫЗУ** *Опырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРМАЙ** од. сөйл. ***Ойпырым-ай.***

**ОПЫРМАЛЫ** сын. *Опырылатын, опырмасы бар.*

**ОПЫРТ=** ет. *Зақымдандыру.*

**ОПЫР-ТОПЫР** сын. **1.** *Айран-асыр, апалаң-топалаң, асығыс-үсігіс.* **2.** *Үйме-жүйме, ығы-жығы.*

**ОПЫРТУ** *Опырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРУ** *Опыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРЫҚ** сын. **1.** *Аузында бір тісі жоқ, қаусаған.* **2.** ауыс. *Опырылған, омырылған.*

**ОПЫРЫЛ=** ет. *Морт қиратылу, омырылу.*

**Опырылған таужыныстарды жарып түсіру.** кен. *Тазартылыс кеңістігінің бос қуыстарын жою әдісі, таужыныстарды жоғарыдағы аралық этаждарын төменгілеріне түсіру мақсатымен шпурлық, ұңғымалық не қазандық оқтамдар мен этажаралық не этажасты кентіректерді жарып толтыру тәсілі.*

**ОПЫРЫЛҒЫШ** сын. *Опырыла бергіш; морт.*

**ОПЫРЫЛМАЛЫ** сын. *Опырылған, опырыла беретін.*

**ОПЫРЫЛУ** *Опырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОПЫРЫЛЫМ** зат. геол. *Тік жарлы баурайлардағы құрғақ таужыныс шөгырларының өз төсенішімен ілінісін кенет жоғалтуы немесе уақытша таянышынан айырылып қалуы салдарынан қопарыла құлауымен сипатталатын гравитациялық қозғалыс түрі.*

**ОПЫРЫМ-АЙ** од. сөйл. ***Ойпырым-ай.***

**ОР**[1] зат. **1.** *Табиғат әсерінен болған немесе қазылған шұңқыр жер.* **2.** кен. *Көлденең қимасында трапеция тәріздес ашық кен қазбасы.* **3.** әск. *Соғыс алаңдарында арнайы қазылған бекініс; окоп.*

**Орға жықты.** *Мерт қылды, қатерге ұшыратты.* **Орға итерді [құлатты].** *Жаманшылыққа тап болдырды, мерт қылды.* **Орға түсті [құлады].** *Жамандыққа душар болды, басына іс түсті.* **Ор қазды.** а) *Біреуге жаманшылық істеді, қастандық жасады.* ә) этн. *Күйеу келгенде алдына шұңқыр қазып, күйеу сол шұңқырға жығылса, одан кәде алатын ырым.* **Ор қазса, өреге өзі түсер [өзі қазған орға өзі түсті].** *Біреуге жамандық ойлаған, қастандық жасаған адамның өзіне жамандық келеді деген мағынада.*

**ОР**[2] сын. *Қызғылтым, қоңыр (түс).*

**Ор ат.** *Құланмен шағылысқан жылқы тұқымы.* **Ор көз.** *Дөңгелекше біткен, сарғыш көз; қой көз.*

**ОР**[3] сын. көне. *Ақ түсті, бор тәрізді.*

**Ор киік.** *Ірі, үлкен киік.* **Ор киіктей [текедей] орғыды.** *Секірді, асыр салды, ойнақтады.* **Ор қоян.** *Қоңыр сұр түсті, жасамыс қоян.* **Ор қояндай орғыды.** *Заулады, зымырады.* **Ор қояндай секірді.** бейн. *Орғып-орғып екпіндей шапты, жүйткіді.* **Ор теке.** *Қоралы қойды өріске бастап жүретін сақа теке.* **Ор текедей ойнақтады [ойнақшыды].** *Бұл жерде тасырлатып, екпіндетіп деген мағынада.* **Ор текедей ойнатты.** *Секең қақтырды.* **Ор текедей орғытты.** стиль. поэт. *Бұл жерде шабыты келу, арқасы қозу, ағытылу деген мағынаны білдіреді.* **Ор текедей пысқырды.** *Сескенді, шошыды, үрейленді.*

**ОР=** ет. **1.** *Егін, құрай, шөп, тағы басқаларды орақпен кесу.* **2.** *Комбайнмен егін бастыру, астық жинау.*

**Орып [кеп] жіберді.** *Серпе бауыздады; тартып жіберді.*

**ОРА** од. сөйл. ***Ура.***

**ОРА**[1] = ет. **1.** *Қағазға не матаға екінші бір затты қымтап бекіту, көрінбестей етіп орналастыру.* **2.** *Темекіні қағазға салып ширатпалау, шылым жасау.* **3.** *Айнала жүру, шеңбер жасау.* **4.** *Белін байлау, белбеу буыну.* **5.** *Жылы киіммен не көрпемен қымтау, жылылап жабу.* **6.** ауыс. *Ардақтау, мәпелеу.*

**Орап алғандай.** *Асып түскендей, алдын орап озып кеткендей.* **Орап алды.** *Асып түсті, басым болды.*

**ОРАҒЫТ=** ет. *Қайта оралу, айналсоқтау.*

**ОРАҒЫТУ** *Орағыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАҒЫШ** сын. *Орауға икемді, тез орайтын.*

**ОРАҒЫШТА=** ет. *Айналыңқырап, орала өту, жүру.*

**ОРАҒЫШТАУ** *Орағышта етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЗА** [ир. روزه] зат. діни. **1.** *Мұсылмандар күнтізбесі бойынша, тоғызыншы ай есебіне тура келетін, қасиетті саналатын рамазан айы.* **2.** *Рамазан кірісімен осы ай бойы тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекітіліп, күн шыққаннан күн батқанға дейін ас-су ішуге болмайтын, ислам дінінің бес парызының бірі ретіндей ғибадат.* **3.** *Бес парызға кірмейтін мұсылман адамның таң атысынан кеш батысына дейін ас-су ішпей ауыз бекітуі ретіндегі сүннет, уәжіп ғибадат түрі.*

**Ораза айт.** діни. *Ораза айы біткен соң үш күн бойы ауыл аралап, дәм тататын діни мейрам.* **Ораза ашар.** діни. ***Ауызашар*** *(ораза ашқанда ішетін тағам).* **Оразасын ашты.** а) діни. *Аузын ашты.* ә) *Ертеңгі тамағын ішті.* **Ораза тұтқызу.** діни. *Ораза ұстату, ауыз бекіттіру.* **Ораза тұтты.** *Ауыз бекітті, ораза ұстады.* **Ораза тұтушы.** діни. *Ораза ұстаушы, ауыз бекітуші адам.* **Ораза тұтты [ұстады].** діни. *Қасиетті Рамазан айында таңның атысынан кештің батысына дейін ас-су ішпей ауыз бекітті, мұсылмандық негізгі парызының бірін өтеді.*

**ОРАЗАҚОР** сын. *Оразашыл.*

**ОРАЗАЛЫ** сын. діни. **1.** *Ораза ұстаған, мұсылмандық парызын орындаған.* **2.** *Басына жақсылық ұйір, құт-берекелі, бақытты.*

**ОРАЗАШЫЛ** сын. *Ораза тұтқыш; діншіл.*

**ОРАЗДЫ** сын. *Басына жақсылық ұйір, бақытты.*

**Ораздының он [көп] ұлы, Жиырлының [қызы] жалғызы.** көне. *Өсер ұрпаққа өмір бағасын тұспалдап айту.* **Ораздының баласы он үшінде баспын дер [он бесінде бас болар].** *Ынтымақ-берекесі бар, бақытты адамның ұрпағы тез өседі деген мағынада.*

**ОРАЗЫЛЫ** сын. діни. *Құдайға сыйынатын, ораза ұстап, мінәжат ететін.*

**ОРАЙ**[1] зат. *Адамның басындағы (шүйдесінде не желкесінде) шаштың ұйіріліп өсуінен болатын белгі.*

**ОРАЙ**[2] зат. **1.** *Бір істің, әрекеттің реті, сәті, жөні.* **2.** *Белгілі бір жағдайға сай, соған лайық; сол бағытпен.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің төлеуі, қарымтасы.*

**Орайы келді [болды].** *Сәті түсті, реті келді.* **Орайын тапты**. *Ретін, қисынын келтірді, жөнін тапты.* **Орайы түсті**. *Реті келді, қисыны түсті.*

**ОРАЙ** зат. жерг. *Орта.*

**ОРАЙЛА=** ет. *Туралау, ыңғайлау.*

**ОРАЙЛАН=** ет. *Ретіне келу, жөнге түсу.*

**ОРАЙЛАНУ** *Орайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЙЛАС** сын. *Ұқсас, сай; бірдей, сәйкес.*

**ОРАЙЛАС=** ет. *Ұқсасу, сәйкесу, деңгейлесу.*

**ОРАЙЛАСТЫҚ** зат. *Ұқсастық, бірдең-гейлестік.*

**ОРАЙЛАСТЫР=** ет. *Деңгейлестіру, ыңғайластыру, саю.*

**ОРАЙЛАСТЫРУ** *Орайластыр етістігінің қимыл атауы.*

**Орайластыру блогі**. инф. <ағыл. the block of interface> *Енгізу-шығарудың стандартты орайластырылуына қосуды жасақтайтын енгізу-шығару құрылғысының блогі.* **Орайластыру құрылғысы**. инф. <ағыл.block of interface> *Ақпараттық құралдардың үйлеспейтін екі құрауышының интерфейсін жасақтайтын құрылғы.*

**ОРАЙЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Деңгейлестірілу, ыңғайластырылу.*

**ОРАЙЛАСТЫРЫЛУ** *Орайластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЙЛАСУ** *Орайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЙЛАУ** *Орайла етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЙЛЫ** сын. *Қолайлы, ыңғайлы.*

**ОРАЙЛЫҚ** зат. сөйл. ***Орталық.***

**ОРАЙОТ** зат. өс. <лат. xeranthemum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, біржылдық, жарғақ жапырақты шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**ОРАЙПЕК** зат. көне. **1.** сөйл. ***Оралпек.*** **2.** этн. *Сәукеле, қарқара, қосыбаның жалғыз бізбен тігілетін кестесі.*

**ОРАЙ-СӘТ** зат. *Істің орындалуына қажетті оңтайлы, ыңғайлы, өте қолайлы жағдай, сәтті түс.*

**ОРАЙСЫЗ**[1] сын. *Басында орайы жоқ.*

**ОРАЙСЫЗ**[2] сын. *Жөнсіз, ретсіз; қолайсыз.*

**ОРАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Жайсыздық, ыңғайсыздық.*

**ОРАЙЫНДА** үст. *Реті келгенде, ыңғайында.*

**ОРАҚ** зат. **1.** *Егін, шөп ору үшін жасалған, имек жүзді, қысқа сапты еңбек құралы.* **2.** *Егін ору кезі; науқан.*

**Орақ ауыз, от тілді [от ауызды, орақ тілді; от ауыз, орақ тісті].** *Адуын мінезді, өткір тілді, турашыл адам.* **Орақ келді**. *Егін оратын мезгіл жетті.* **Оraққа береке**! тілек. *Егін ору кезінде түсім мол болсын деген мағынада айтылатын сөз.* **Орақ мұрын [тұмсық].** *Ортасы дөңестеу, имектеу келген, үлкен мұрын.* **Орақ орды**. *Шөпке орақ салды, орақпен шөпті қиды.* **Орақ пышақ**. жерг. а) *Үлкен пышақ.* ә) *Шалғы.* **Орақ салды**. *Егінге орақ түсті, егін ору кезі туды.* **Орақ су**. жерг. *Егін бас тарта бастағаннан кейін берілетін үшінші су.* **Орақ тартты**. *Орақ орды; сілтеді.* **Орақ түсті.** *Егін орағы басталды.*

**ОРАҚ-БАЛҒА** зат. тар. совет. *Шаруа мен жұмысшының одағын білдіретін КСРО гербіндегі белгі.*

**ОРАҚЖАПЫРАҚ: орақжапырақ құрт-қашаш**. өс. <лат. falcifolia> *Құртқашаш өсімдігінің жапырағы орақққа ұқсаған түрі.*

**ОРАҚЖЕМІС** зат. өс. <лат. drepanocaryum> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ОРАҚТАЙ** сын. **1.** *Орақ сияқты, орақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Имиген, қисық. // Бүкшиіп, жүдеп, еңкейіп.*

**ОРАҚТАН=** ет. *Орақ сияқты иілу, орақққа ұқсау.*

**ОРАҚТАНУ** *Орақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАҚТҰМСЫҚ** зат. өс. <лат. lbidorhyncha struthersii> *Татрең тәрізділер отряды, қарала балшықшылар тұқымдасына жататын құс.*

**Орақтұмсық шалшықшы**. зоол. *Тұмсығы ұзын, имек келген балшықшы құс.*

**ОРАҚША**[1] зат. өс. <лат. spirorhynchus> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**ОРАҚША**[2] үст. *Орақ тәрізді, орақ секілді, қатты иілген.*

**ОРАҚШЫ** зат. *Орақпен егін орушы, орақ оруға шебер адам.*

**ОРАҚШЫЛЫҚ** зат. *Орақ ору кәсібі.*

**ОРАЛ** зат. көне. *Шама, әл, мүмкіндік.*

**ОРАЛ**[1] зат. *Дәурен, бақытты кез.*

**Оралыңның барында.** *Дәуренің жүріп тұрғанда.*

**ОРАЛ**[1]= ет. **1.** *Бүркеліп жабылу.* **2.** *Шырматылу, аяқ алып жүре алмау.* **3.** *Оратылу, айқасылу.* **4.** ауыс. *Әннің, күйдің адамды баурап, ұйытып әкетуі.* **5.** ауыс. *Сөзі шешен шығу, жүйесін тапқан сөз айту.*

**ОРАЛ**[2]= ет. **1.** *Бір жерге қысқа уақыттың ішінде барып-келу, қайту.* **2.** *Алыс, қиын сапардан, соғыстан т.с.с. біраз уақыт өткеннен кейін қайтып келу.* **3.** *Қайта көңіл бөлу, екінші рет соғу.* **4.** *Бақытты сезінген күндерді қимай қайыра еске алу.* **5.** *Уақыт айналып өткен кезге келу, қайталану.* **6.** ауыс. *Ие болу, кенелу, қайта табысу.*

**ОРАЛ=** ет. *Орайы келу, ыңғайы келу, сәті түсу.*

**ОРАЛҒЫ**[1] зат. *Бөгет, кедергі.*

**Оралғы болды.** а) *Кедергі келтірді, бөгет жасады.* ә) *Шатастырды, кері әсерін тигізді, қиындатты.*

**ОРАЛҒЫ**[2] зат. *Жоғалған заттың қайтқан қарымы, төлемі.*

**Оралғысы болсын!** тілек. *Жоғалғанның өтеуі, кеткен нәрсенің қайтуы болсын деген мағынада.*

**ОРАЛДЫР=** ет. *Келтірту, қайтарту.*

**ОРАЛДЫРУ** *Оралдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЛМА** сын. *Алыстан айналатын, бұрылма.*

**ОРАЛМАЛЫ** сын. *Оралып өсетін, оратылған.*

**ОРАЛМАН** зат. қоғ.-саяси. *Жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған, этникалық тазалаудан қашып, саяси саuға сұрап, жат елге жаппай қоныс аударған адамдардың елге оралғанда материалдық, моральдық қамқорлық көрсетілуге тиіс, азаматтық алғанға дейінгі айрықша әлеуметік тобы.*

**ОРАЛПЕК** [қырғ. оройпок] зат. этн. көне. *Әйелдің басына тартатын кесте төгілген орамалы.*

**ОРАЛТ=** ет. **1.** *Қайта қайырып әкелу.* **2.** *Біреуді-біреуге араластыру, бұру, ыңғайын жасау.*

**ОРАЛТҚЫЗ=** ет. *Қайтартқызу, келтірткізу.*

**ОРАЛТҚЫЗУ** *Оралтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЛТТЫР**[1]= ет. *Ораттыру.*

**ОРАЛТТЫР=** ет. *Қайтару, қайырып желдіру.*

**ОРАЛТТЫРУ**[1] *Оралттыр*[1] *етістігінің қимыл атауы; ораттыру.*

**ОРАЛТТЫРУ**[2] *Оралттыр*[2] *етістігінің қимыл атауы; қайтару.*

**ОРАЛТУ** *Оралт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЛУ** *Орал етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАЛУЛЫ** сын. *Оралып қойған, ораулы тұрған.*

**ОРАЛЫМ**[1] зат. **1.** *Сөз сапталым; қисын.* **2.** *Икем, еп.*

**Оралымға келмеді**. а) *Уақыт тығыз, қысқа болды.* ә) *Аузына сөз түспеді, сөзі қиыспады.*

**ОРАЛЫМ**[2] зат. *Квартал, орам мағынасындағы сөз.*

**ОРАЛЫМ**[3] зат. *Бір айналым, шеңбер,*

**ОРАЛЫМДЫ** сын. **1.** *Өте орынды, қонымды.* **2.** *Өресі кең, алғыр, алымды.*

**Оралымды лизинг.** көлік. *Көлік құралдарын, құрылыс техникасын, приборларды, аппаратураны және басқа техникалық құралдарды қысқа мерзімге (бір жылға дейін) жалға беру.*

**ОРАЛЫМДЫҚ** зат. сөйл. ***Оралымдылық.***

**ОРАЛЫМДЫЛЫҚ**[1] зат. *Ой-өрісі кеңдік, тапқырлық, алғырлық.*

**ОРАЛЫМДЫЛЫҚ**[2] зат. кен. *Қазып алу мәшинелерінің, кешендердің немесе агрегаттарының басқарушылық әрекетімен өздерінің қозғалыс траекториясының бағыттарын өзгерту қабілеті.*

**ОРАЛЫМДЫЛЫҚ**[3] зат. **1.** *Жедел әрекет.* **2.** *Қызметкердің іске жедеқабыл кірісу, жұмысты, бір тапсырманы орындаудан екіншісіне оңай көшу, басталған істі созбай аяғына дейін жеткізу, жағдайдың өзгеруіне қарай шешім қабылдап, іскерлікпен әрекет жасау қабілетін сипаттайтын қабілеті.* **3.** *Серпінді ақпараттық жүйе көрсеткіші.*

**ОРАЛЫМПАЗ** сын. *Оралғыш; айналшықтағыш.*

**ОРАЛЫМСЫЗ** сын. *Бейімі жоқ, ебедейсіз.*

**ОРАЛЫМСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Келте қайырушылық, өресіздік.* **2.** *Икемсіздік, үйлесімсіздік.*

**ОРАМ**[1] зат. **1.** *Заттың сыртын ораған бума, байлам.* **2.** *Бір заттың сырт аумағы, шеңбер көлемі, жуандығы.* **3.** *Спиральді қозғалыстағы бір айналым.* **4.** *Қағаздың, матаның т.с.с. оралған бір бумасы.* **5.** *Ішіне қарата оратылған зат.*

**Орамына келтірді**. *Орайын, ыңғайын тапты.*

**ОРАМ**[2] зат. **1.** *Көше, квартал.* **2.** жерг. көне. *Жер-су.*

**Орам берді.** жерг. *Жер-су берді, бағынды.* **Орам болды.** жерг. *Бағынды.* **Орамға шықты [жүрді]**. *Серуендеді.* **Орам жүргізді.** жерг. *Бағындырды.*

**ОРАМ**[3] зат. **1.** *Сөз саптам; оралым.* **2.** лингв. *Сөз тізбектері, сөз шумақтары, сөз оралымдары.*

**ОРАМА**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің оралған тысы; тауар, заттарды және т.б. орайтын материалдар.* **2.** физ. *Магнитті өріс жасайтын, электр мәшинелеріндегі өткізгіштер жүйесі.*

**Орама қағаз**. *Оралған тауарлардың (жәшік, байлам, шиыршық т.б.) барлық түрлері, сорттары, түрі тізіп берілетін тауар құжаты.* **Орама мылтық.** *Сыртын орайтын арнаулы қабы бар мылтық.* **Орама пеш**. тамақ. *Сырты қаңылтырмен қапталған дөңгелек пеш; голланд пеші.*

**ОРАМА**[2] зат. тамақ. *Жаймаланған жұқа қамыр ішіне тартылған ет пен картоп салып, сопақша, домалақ етіп оралып пісірілетін тағам.*

**ОРАМА**[3] сын. *Оратылған, ширатылған, бұралаң.*

**Орама білезік**. этн. зерг. *Оратыла жасалған, қаусырып оралып тұратын жұмыр білезік.* **Орама теру.** қолөнер. *Өрмектің өрісі, қарсысы және арқауы – бәрі бір түсті жіптен тоқылатын тәсіл.* **Орама ши.** қолөнер. *Әрбір талының сыртына бояулы жүн жіп оралып тоқылған ораулы ши.* **Орама шелпек.** тамақ. *Дөңгелек етіп жайылған жұқа қамырдың бетіне май жағып, туралған сарымсақ, пияз сеуіп, бала білегіндей етіп орап, буға пісіретін, дайын болған соң бетіне ет салып, дастарқанға қоятын ұлттық тағам.*

**ОРАМА**[4] зат. бот. *Атқаратын қызметіне байланысты түрі өзгерген жапырақ.*

**ОРАМАЛ**[1] [ир. رومال] зат. **1.** этн. *Әртүрлі матадан шаршы, үшбұрыш етіп тігілген, әйел, қыз бала басына тартатын жаулық.* **2.** этн. *Әйел, келін екенін білдіру үшін тартатын жаулық.* **3.** *Енсіз матадан ұзынша етіп жасалған сүлгі.* **4.** ***Беторамал***. **5.** жерг. *Қызыл орамал, қыздар ғана басына тартатын орамал.* **6.** этн. *Көрсеткен сый-сияпат, базарлық деген мағынада.*

**Орамал аудару**. жерг. *Келін боп түскен қыздың қызыл орамалын алып, оның орнына бүркеншік жабу салты.* **Орамал жүгіртпек**. жерг. ойын. *Тізенің астына орамал жүгіртіп ойнайтын ойын.* **Орамал кепкенше**. *Реніштің, наланың тез қайтуы, тез басылу туралы.* **Орамал салды.** этн. *Келін болып түскен бойжеткеннің басына орамал жапты.* **Орамал сыйлады**. *Қыз өзі ұнатқан жігітіне кестелеген орамал сыйлап, сезімін білдірді.* **Орамал тартты**. этн. а) *Әйел, қыз бала басына орамал салды, байлады.* ә) *Келін болып түсті, біреуге әйел болды.* **Орамал тастады.** ойын. *Орамал тастап ойнайтын жастар ойыны кезінде ойыншы орамалды қалаған адамының алдына қойды.* **Орамалын бұлғады.** *Қыз бала алысқа ұзаған адамға «хош» айтып, орамалын көтеріп, бұлғады.*

**ОРАМАЛ**[2] зат. этн. ойын. *Орамалға түйген ақшаны атпен алып қашып ойнайтын ойын.*

**ОРАМАЛДЫ** сын. *Басына орамал салған, орамалы бар.*

**ОРАМАЛДЫҚ** зат. *Орамал боларлық, орамалға лайық.*

**ОРАМАЛСЫЗ** сын. *Басында орамалы жоқ; жалаңбас.*

**ОРАМАЛТАСТАМАҚ** зат. этн. ойын. *Бір жігіт не қыз дөңгелене отырғандарды айнала жүріп, қалаған адамның сыртынан орамал тастап ойнайтын жастар ойыны.*

**ОРАМАЛТЕППЕК** зат. ойын. этн. *Ересек балалар ойыны.*

**ОРАМАЛТОЙ** зат. этн. жерг. *Күйеу аттандырарда, күйеу қалыңдықты әкелуге жүрерде жасалатын той.*

**ОРАМАЛША** үст. *Орамал сияқты, орамалға ұқсап.*

**Орамалша тоқу.** қолөнер. *Айналдыра тоқығанда бір қатарды оң шалумен, бір қатарды теріс шалумен тоқу.*

**ОРАМАЛ-ШАРШЫ** зат. *Жүлде, сыйлық.*

**ОРАМАЛЫ** сын. *Оратылып тұратын, бұралаң.*

**Орамалы сасыр** өс. <лат. ferula involukrata> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің эндемик түрі.*

**ОРАМДЫ**[1] сын. **1.** сөйл. *Оралымды, шешен.* **2.** *Көкейге қонымды, орынды.*

**ОРАМДЫ** сын. **1.** *Орайы келген, орайлы сәтті түскен.* **3.** *Ыңғайлы, сәйкес, епті, лайық.*

**ОРАМДЫЛЫҚ** сын. *Оралымдылық, іскерлік, қабілеттілік.*

**ОРАМДЫРАҚ** сын. *Жаттыққан, төселген, икемдірек.*

**ОРАМЖАПЫРАҚ: орамжапырақ тұқымдасы**. бот. <лат. cruciferae, brassicaceae> *Қосжарнақты, бір, екі және көпжылдық шөптесін, бұта, жартылай бұта өсімдіктер.*

**ОРАМСЫЗ** сын. *Орамы, икемі жоқ; лайық емес, ебедейсіз.*

**ОРАМСЫЗДАУ** сын. *Бейімсіздеу, икемсіздеу.*

**ОРАМСЫЗДЫҚ** зат. *Орамы, бейімі жоқтық, ыңғайсыздық.*

**ОРАН=** ет. **1.** *Бүркену, қымталу.* **2.** ауыс. *Жамылу, басу, қаптау, бүркелу.* **3.** ауыс. *Тұла бойымен сезіну, басынан өткеру.*

**ОРАНГУТАНГ** [малай. orangutan] зат. зоол. *Приматтар отрядына жататын тартажаулы маймылдар тобының үстін түк басқан, құйрықсыз түрі.*

**ОРАНДЫР=** ет. *Тұмшаландыру, қабаттап киіндіру.*

**ОРАНДЫРУ** *Орандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАНЖЕРЕЯ** [франц. orangerie] зат. *Өсімдік өсіру үшін арнайы жасалған, бірқалыпты температура сақталатын әйнектелген жарық орын.*

**ОРАНТ=** ет. *Қымтату, жамылту.*

**ОРАНТУ** *Орант етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАНУ** *Оран етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАНЫП-ҚЫМТАН=** ет. *Жылы киіну, тұмшалану, орану.*

**ОРАНЫП-ҚЫМТАНУ** *Оранып-қымтан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАНЫП-ШЫМҚАН=** ет. сөйл. ***Оранып-қымтану***.

**ОРАНЫП-ШЫМҚАНУ** *Оранып-шымқан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАНЫШ** зат. *Бір нәрсенің сыртын ораған зат.*

**ОРАҢ** еліk. *Арбаң еткен ебедейсіз, қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ораң етті**. *Арбаң етті; қолапайсыз қимылдады.*

**ОРАҢДА=** ет. *Ораң-ораң ету, сораңдау, қолапайсыз қимылдау.*

**ОРАҢДАУ** *Ораңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАҢҚЫРА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің сыртын айналыңқырау, орағыту; орай түсу.* **2.** *Жаба түсу, қымтау.*

**ОРАҢҚЫРАУ** *Ораңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАПАЙСЫЗ** үст. *Шамадан тыс, сөлекет.*

**Орапайсыз семірді.** *Шамадан тыс семірді.*

**ОРАП-ҚЫМТА=** ет. *Бүркемелеу, жауып-жасыру, орағыштау.*

**ОРАП-ҚЫМТАУ** *Орап-қымта етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАП-ШЫМҚА=** ет. сөйл. ***Орап-қымта***.

**ОРАП-ШЫМҚАУ** *Орап-шымқа етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАРАРАҚ** од. *Ой пәлі-ай деген мағынада.*

**ОРАС=** ет. *Байласу, шүйке жасасу.*

**ОРАСАН** үст. **1.** *Өте, аса, тым, ерекше.* **2.** *Ыңғайсыз, ұялатындай.* **3.** *Сұмдық, масқара.*

**Орасан зор.** *Айтарлықтай, тіпті ерекше.*

**ОРАСУ** *Орас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАТ=** ет. **1.** *Айналдыра орау, тұмшалау.* **2.** *Дөңгеленту, айналдыру.* **3.** ауыс. *Қайта оралдыру.*

**ОРАТҚЫЗ=** ет. *Орап қымтату, айналдыра бүркемелендіру.*

**ОРАТҚЫЗУ** *Оратқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАТОРИЯ** [итал. oratorio] зат. муз. *Жеке дауысқа, хорға не симфониялық оркестрге арналып жазылған, эпикалық-драмалық сюжетке құрылған көп бөлімді музыкалық шығарма.*

**ОРАТОРИЯЛЫҚ** сын. *Ораторияға тән, ораторияға қатысты.*

**ОРАТУ** *Орат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАТЫЛ=** ет. *Шырматылу, шатасып байлану.*

**ОРАТЫЛУ** *Оратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАУ**[1] зат. *Бір нәрсенің сыртын ораған зат, орам.*

**Орау материалдары**. тамақ. *Өнімнің ластанбауы, бұзылмауы үшін, әсем көрік беру үшін олардың сыртын орайтын материалдар.* **Орау мәшинелері**. тамақ. *Кондитер өнімдерін орайтын, түйетін арнаулы мәшинелер мен автоматтар (әртүрлі автоматтар, жартылай автоматтар).*

**ОРАУ**[2] *Ора етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАУЛЫ** сын. **1.** *Сыртында орауы бар, оралған.* **2.** *Таңулы, байлаулы.* **3.** *Құндақтаулы, жөргектегі.*

**Ораулы ши**. этн. *Әр түске боялған жіппен оралып тоқылған сәнді ши, шым ши.*

**ОРАУШЫ** зат. **1.** *Бір затты қағазбен не матамен ораған адам, орау жұмысын істеуші.* **2.** *Жіп шудаларын арнаулы станоктармен орап, реттеуші адам.*

**ОРАУЫШ** зат. *Бір затты сыртынан орауға арналған мата, қағаз т. б.*

**ОРАШОЛАҚ** сын. *Еш нәрсеге бейімі жоқ, епсіз; олақ.*

**Орашолақ қимыл.** *Ойланбастан жасалған, оқыс қозғалыс, ойсыз әрекет.*

**ОРАШОЛАҚТАН=** ет. *Бейімсіздену, олақтану, шорқақтану.*

**ОРАШОЛАҚТАНУ** *Орашолақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРАШОЛАҚТАУ** сын. **1.** *Бейімсіздеу, епсіздеу; қыры жоқтау.* **2.** *Жатық емес, жүйесіз; төселмеген.*

**ОРАШОЛАҚТЫҚ** сын. *Іске, сөзге олақтық, епсіздік, қырсыздық.*

**Орашолақтық жасады [көрсетті].** *Олақтық, қырсыздық істеді, шорқақтық жасады.*

**ОРБИТА** [лат. orbita] зат. астр. *Аспан денелерінің, Жердің жасанды серіктерінің, ғарыш кемелерінің, ғаламшар станцияларының Күннің айналасында қозғалатын жолы.*

**Орбитаға шығарылды.** ғарыш. *Жерсерік не ғарышкеме жерден ажырап, ғаламшардың сыртына шықты.* **Орбита стансысы**. ғарыш.

*Орталық телевизия хабарларын алысқа таратуға әрі алыстан қабылдауға арналған байланыс жүйесі.*

**ОРБИТАЛЫҚ** сын. ғарыш. *Орбита үшін жұмыс істеуге арналған, орбитаға шығарылатын.*

**Орбиталық станс**ы. ғарыш. *Жер, Ай немесе басқа аспан денелері айналасындағы орбитада ұзақ уақыт жұмыс істейтін арнайы экипажбен немесе өздігінен басқарылатын ғарыш аппараты.*

**ОРБИТАЛЬ** [лат. orbita] зат. физ. *Атомда, молекулада немесе басқа кванттық жүйелерде бір электрон күйін сипаттайтын толқындық функция.*

**ОРГАГРАММА** зат. инф. *Өндірістегі ұйымдық қатынасты бейнелейтін кесте.*

**ОРГАН**[1] [грек. organon – құрал] зат. муз. *Үрлемелі, клавишті музыкалық аспап.*

**ОРГАН**[2] [грек. organon] зат. **1.** *Қоғамдық өмірдің белгілі бір саласы бойынша нақты міндеттер атқарушы ресми мекеме, ұйым, әкімшілік орын.* **2.** *Мерзімдік басылымдар.*

**ОРГАН**[3] [грек. organon] зат. биол. *Жануарлар мен өсімдіктер ағзасының белгілі бір функция атқаратын бөлігі, мүшесі.*

**ОРГАНЕЛЛА** [грек. organellae] зат. биол. *Жасуша цитоплазмасындағы әртүрлі қызмет атқаратын тұрақты құрылым.*

**ОРГАНИЗМ** [лат. organismus] зат. биол. ***Ағза*** (*тұқымқуалаушылық қасиеттеріне сәйкес өзіне тән құрылысы мен даму ерекшеліктері бар, белгілі бір ортаға өз бетімен тіршілік етуге бейімделген, тірі және тарихи қалыптасқан біртұтас жүйе*).

**Организмді тірілту**. мед. *Ағзаның тіршілік етуіне қажетті ең маңызды органдар қызметінің бұзылуын не тоқтауын қалпына келтіру.*

**ОРГАНИКАЛЫҚ** сын. **1.** биол. *Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне жататын.* **2.** *Ағзаға тән, денеде болатын.* **3.** ауыс. *Біртұтас, бөлінбес.*

**Органикалық анализ.** хим. *Органикалық заттардың сандық, сапалық құрамын және химиялық құрылысын анықтау әдістері жөніндегі ғылым.* **Органикалық геохимия**. хим. *Тау жыныстарындағы органикалық заттардың химиялық және изотоптық құрамын зерттейтін геохимияның бір саласы.* **Органикалық дүние.** биол. *Жер бетінде тіршілік етіп, жойылып кеткен және осы кезде тіршілік етіп жатқан ағзалардың жиынтығы.* **Органикалық жүйе.** терм. *Қарапайым биологиялық, ағзалар, популяциялар мен түрлер жүйесі, экожүйелер жататын тірі жүйе.* **Органикалық зат**. хим. а) *Көміртек пен сутектің химиялық қоспасы.* ә) геол. *Шөгінді таужыныстардың қалыпты құрам бөлігі.* **Органикалық қалдықтар.** биол. *Тірі ағзалардың (жануарлар мен өсімдіктердің) сақталып қалған бөліктері.* **Органикалық қосылыстар**. хим. *Құрамында негізгі элемент ретінде көміртегі және сутегі, оттегі, азот бар химиялық қоспалар.* **Органикалық қосылыстардың тотығуы**. хим. *Органикалық қосылыстың молекуласына оттек атомдарын енгізу және сутек атомдарын бөліп шығару.* **Органикалық қышқылдар**. хим. *Құрамын- да карбоксил тобы (COOH) бар органикалық қосылыс.* **Органикалық ластаушы.** экол. *Тірі ағзалардың (жануарлар мен өсімдіктердің) қалдықтарының ыдырауынан пайда болған ластаушы заттар.* **Органикалық нитраттар.** хим. *Азот қышқылының эфирлері, түссіз немесе ашық сары түстің сұйықтықтар.* **Органикалық синтез**. хим. *Органикалық химияның органикалық қосылыстардың түзілу жолдары мен әдістерін лаборатория және өндіріс көлемінде зерттейтін бөлімі.* **Органикалық тыңайтқыш.** ауылшар. *Жануарлар мен өсімдік қалдықтары- ның органикалық қосылыстары түрінде кездесетін қоректік заттар.* **Органикалық тіршілік.** биол. *Жердің биосферасын мекендеуші ағзалардың жиынтығы.* **Органикалық үгілу.** биол. *Бактериялар, саңырауқұлақтар, қыналар, мүктер сияқты организмдердің әсерінен түзілетін үгілу.* **Органикалық химия**. хим. *Көміртекті химиялық қосылыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейтін химияның бір саласы.* **Органикалық шыны**. хим. а) *Органикалық полимерлер (полиакрилаттар, полистпрал, поликарбонаттар) негізінде жасалатын мөлдір, қатты материал.* ә) мәш. *Полиметилметакрилат, полистрол, поликарбонаттар негізіндегі оптикалық материалдардың техникалық атауы.*

**ОРГАНИЦИЗМ** [франц. organicisme] зат. экон. *Экономикалық жүйені жанды ағзаға ұқсататын, соған тән өмірлік физиологиялық үдерістерді, осы үдерістерді басқару тәсілдері бар дейтін жалған ғылыми ағым.*

**ОРГАНОВОЛОКНИТ** зат. хим. *Аэроғарыштық техникада, кеме жасауда, химиялық мәшине жасауда жемірілу мен тозуға төзімді жылудан қорғаушы материал ретінде пайдаланылатын, құрамына синтездік талшық кіретін органпластик.*

**ОРГАНОГЕНДЕР** [грек. organon - ағза, genos – тұқым, тек] зат. биол. *Органикалық заттардың құрамындағы негізгі химиялық элементтер (оттек, көміртек, сутек, азот, фосфор, күкірт).*

**ОРГАНОГЕНДІК** зат. биол. *Органогендерге жататын, органогендерге тән.*

**Органогендік жыныстар**. [грек. organon + genos – тек] биол. *Тірі ағзалардың (жануарлар мен өсімдіктердің) қалдықтарынан пайда болған жыныстар.* **Органогендік құрылым**. геол. *Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарынан тұратын шөгінді таужыныстардың құрылымы.* **Органогендік тұнбалар**. *Тірі ағзалардың (жануарлар мен өсімдіктердің) қалдықтарынан пайда болған шөгінділер.*

**ОРГАНОГЕНЕЗ** [грек. organogenesis] зат. биол. *Көп жасушалық жануарлардың филогенез және онтогенез барысында органдар бастамаларының қалыптасуы мен жетілу сатысы.*

**ОРГАНОГЕТИНАКС** зат. хим. *Құрамына синтездік талшық негізіндегі қағаз кіретін органпластик.*

**ОРГАНОПЛАСТИКТЕР** зат. хим. *Синтездік талшықтармен, маталармен және солардың негізінде алынған қағазбен армирленген пластмассалар.*

**ОРГАНОТЕКСТОЛИТ** зат. хим. *Авиа және мәшине жасау өндірісінде конструкциялық және электртехникалық материал ретінде қолданылатын, құрамына синтездік талшықтан тоқылған мата кіретін органпластик.*

**ОРГТЕХНИКА** [ағыл. planning] зат. инф. *Мекемелерде, кәсіпорындарда құжаттарды дайындау мен талдау, бақылау, жоспарлау, есепке алу операцияларын механикаландыру мен автоматтандыруға пайдаланылатын техникалық құралдардың жиынтығы.*

**ОРҒАШ** үст. *Ерекше, ыңғайсыз.*

**ОРҒУ** *Орғы етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫ=** ет. **1.** *Секіру, ырғу.* **2.** ауыс. *Бірқалыпты емес, шамадан тыс жоғарылау.*

**ОРҒЫЗ=** ет. *Шөпті, астықты шапқызу.*

**ОРҒЫЗУ** *Орғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫЛ**: **орғыл құм**. *Қырат-қырат, белес-белес құм.*

**ОРҒЫЛА=** ет. *Қарғу, секіру, ыршу.*

**ОРҒЫЛАУ** *Орғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫЛ-ОРҒЫЛ** сын. *Өркеш-өркеш.*

**ОРҒЫМАЛЫ** сын. *Ой-шұңқыры көп; тегіс емес.*

**ОРҒЫҢҚЫРА=** ет. *Орғи түсу, аздап орғу.*

**ОРҒЫҢҚЫРАУ** *Орғыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫП-ҚАРҒЫП** үст. *Қатты секіріп, бір қарғып, бір секіріп.*

**ОРҒЫТ=** ет. *Қарғыту, секірту.*

**ОРҒЫТУ** *Орғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫТЫП-ҚАРҒЫТ=** ет. *Бірде орғытып, бірде қарғыту, әрлі-берлі шаптыру.*

**ОРҒЫТЫП-ҚАРҒЫТУ** *Орғытып-қарғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРҒЫШ** сын. *Оратын, оруға арналған.*

**ОРҒЫШТЫҚ** сын. *Оруға шеберлік.*

**ОРДА**[1] зат. **1.** тар. *Орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай.* **2.** этн. *Қазақ киіз үйінің шоқтығынан саналатын, құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды тұрғын жайдың аса сыйымды түрі, ел билеген хан мен сұлтандар үшін көпшіліктің қатысуымен салтанатты, рәсімді жиындар өткізіп тұруға, елшілер мен құрметті қонақ қабылдауға, қарсы жақтың зиялыларымен келіссөздер жүргізуге, шартқа қол қоюға ыңғайластырылған сыйымды орынның болуын қарастырған ізденістің нәтижесінде пайда болған 12, тіпті одан да көп қанатты киіз үйдің үлгісі.* **3.** *Орталық жүйке.* **4.** *Еңселі, салтанатты үй.* **5.** *Бір жерге топталып мекендейтін аң, жылан т.б. ұясы.* **6.** *Орталық, қала.* **7.** ауыс. *Өнер, білім, мәдениет т. б. топталған орны, жинақталған жері, қайнаған ортасы.*

**Орда бөлім.** ескі кіт. *Ми, жұлын.* **Орда бұзған.** *Қайратты, қауқарлы, жігерлі; өткір.* **Орда бұзған отыз.** *Қатарының алды болуға, мақсатқа жету жолындағы алғашқы жеңіске жететін, күш-қуаттың қайнаған кезі, отыз-отыз бес жас.* **Ордадан қашатын нервілер.** көне. мед. *Қозғау түйсіктері.* **Ордасымен талқандады [құртты].** *Түп-тамырымен жойды, жоқ қылды.* **Орда шарқы.** *Үй-жай қамы.*

**ОРДА**[2] зат. этн. ойын. *Хан сайланған қызыл асықпен қалған асықты шертіп ататын асық ойынының бір түрі.*

**Орда болды**. этн. ойын. *Шеңбер жасап, кемей асықтарды тігіп, реттеп қойды.* **Орда бұзды**. этн. ойын. *Шеңбер ішінде тігілген асықтарды белгілі қашықтықтан сақамен атып бұзды.*

**ОРДА**[3] зат. этн. ойын. *Ақсүйек ойынындағы сүйекті тауып алған баланың ұтқанын білдіретін шартты мекен.*

**ОРДАБАСЫ** зат. тар. *Бұрынғы заманда қазақтың үш жүзінің басты билері ел тағдырын, жер тағдырын ақылдасып, бітім, шешім қабылдайтын жері.*

**ОРДАБҰЗАР** сын. *Қайратты, қажырлы, жігерлі.*

**ОРДАЙ** сын. *Ор сияқты, ор тәрізді.*

**ОРДАЛЫ** сын. **1.** *Ордасы бар, кең сарайдай үйі бар.* **2.** ауыс. *Тұқым-тұқияны көп, өсіп-өнген, үйлі-баранды.*

**Ордалы жылан**. *Белгілі бір жерде іні көп, шоғырланған жыландар.* **Ордалы құлан**. *Бір аймақты жайлаған құландар үйірі.*

**ОРДАҢ**[1] сын. *Тәкаппар, кердең; өрескел.*

**ОРДАҢ** елік. *Едірең еткен ебедейсіз қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Ордаң етті.** *Одыраң қақты, селт етті.* **Ордаң қақты**. *Одыраң-одыраң етті; арбаңдады.*

**ОРДАҢДА=** ет. *Ордаң-ордаң ету, ордаңдай басу.*

**ОРДАҢДАС=** ет. *Ордаң-ордаң етісу.*

**ОРДАҢДАСУ** *Ордаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРДАҢДАТ=** ет. *Одыраңдатып қою.*

**ОРДАҢДАТУ** *Ордаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРДАҢДАУ** *Ордаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОРДАҢДАУШЫЛЫҚ** зат. *Ордаң-ордаң етушілік.*

**ОРДЕН** зат. *Қоғамға сіңірген ерекше еңбегі үшін үкімет тарапынан берілетін, бағалы металдардан жасалатын марапат белгісі.*

**Орден алды [тақты].** *Орденге қолы жетті, орденге лайық деп табылды.* **Орденге өңірі толған [жарқыраған].** *Кеудесінде ордені көп, жарқыраған, марапат, құрметтеу көрген.*

**ОРДЕНДЕЙ** сын. *Орден сияқты, орден тәрізді.*

**ОРДЕНДІ** сын. *Орден таққан, ордені бар.*

**ОРДЕР** [франц. ordre] зат. **1. 2.** заң. *Біреуді ұстауға, қамап қоюға әкімшілік орындары жағынан шығарылған арнаулы шешім қағазы.*

**ОРДИНАТА** [лат. ordinatus] зат. матем. *Декорт жасаған нүкте координаттарының бір түрі.*

**ОРДИНАТОР** [лат. ordinator] зат. мед. *Денсаулық сақтау мекемелеріндегі бөлім не палатаны басқаратын дәрігер.*

**ОРДИНАТОРЛЫҚ** сын. мед. *Ординатор отыруға арналған (бөлме).*

**ОРДИНАТУРА** зат. мед. *Мамандандырылған, ординаторлар дайындайтын мерзімді курс, оқу.*

**ОРДОВИК** зат. хим. *«Ордовик жүйесі» және «ордовик кезеңі» терминдерінің қысқаша атауы.*

**ОРЕОЛ** [франц. aureole] зат. кен. **1.** *Таужыныстың негізгі массасы арасындағы жеке-дара порфирлі сеппелерді сол массаға тиесілі кестестері есебінен жиектей отырып, одан әрі даралай түсетін жолақша.* **2.** *Кен шоғырын кіріктіретін таужыныстардың кентүзуші процестер әсерінен немесе морылу процесі барысында кентүзуші немесе басқа да элементтермен қаныға түсуі нәтижесінде қалыптасатын, кен орынға шендес өңірлерден көрініс беретін арнаулы белдем.*

**ОРИЕНТАЛИСТ** [лат. orientalis] зат. *Шығыс халықтарының тілі мен әдебиетін, мәдениетін зерттейтін ғалым.*

**ОРКЕСТР** [франц. orchestre] зат. муз. *Музыкалық шығарманы әр алуан аспаптарда орындайтын музыканттар тобы.*

**ОРКЕСТРЛІ** сын. *Оркестрі бар.*

**ОРКЕСТРЛІК** сын. *Оркестрге арналған, оркестр үшін.*

**ОРҚАШ** сын. сөйл. *Жер қыртысының жарықтары арасынан көтерілген.*

**ОРҚАШ-ОРҚАШ** сын. сөйл. ***Өркеш-өркеш.***

**ОРҚЫЛ-ОРҚЫЛ** сын. жерг. *Төмпеш-төмпеш, орғыл-орғыл, қырат-қырат.*

**ОРЛА=** ет. *Айналдыра ор қазу, ормен қоршау.*

**ОРЛАН=** ет. *Ор болып қазылу.*

**ОРЛАНУ** *Орлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЛАТ**= ет. *Ор етіп қаздырту.*

**ОРЛАТУ** *Орлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЛАУ** *Орла етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЛЫ** сын. *Ор қазылған; ой-шұңқырлы, шұқанақты.*

**ОРМА**[1] зат. *Астығы орылған атыз, егінжай.*

**ОРМА**[2] зат. *Судың орып кеткен жері.*

**ОРМА**[3] зат. жерг. *Шабындық, шабылатын шөп.*

**ОРМАДАЙ** *Орма сияқты, орма тәрізді.*

**ОРМАЛЫ** сын. көне. ***Ораулы.***

**ОРМАН** зат. **1.** *Әртүрлі ағаштардың табиғи, өскен шоғыры, қалың тоғай.* **2.** бот. *Жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір типі.*

**Орман ағаш**. сөйл. *Ну болып өскен ағаш, тоғай.* **Орман ақшайыры**. өс. <лат. gnaphalium sylvaticum> *Сиретілген және ашық орманда, оның шетінде, бұталар қауымында, биік шөпті құмдық және батпақты немесе ылғалды жерлерде өсетін, күрделігүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 10-80 см көпжылдық шөптесін бұта.* **Орман байғызы**. зоол. <лат. aegolius funereus> *Байғыздар түріне жататын, орманда мекендейтін, Қазақстан жерінде кездесетін құс түрі.* **Орман белдеулері.** *Орман өсетін алқапты жерлер.* **Орман бүлдіргені**. <лат. fragaria vescal> өс. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, өзен жағасы, орман шетінде, таудың ылғалды бөктерлерінде, бұта арасында өсетін, жапырағы мен жемісін дәрілік шикізат үшін пайдаланатын, биіктігі 10-30 см көпжылдық, шөптесін өсімдік.* **Орман жаңғағы**. өс. <лат. corylus> *Қайың тұқымдасына жататын орман бұтасының жемісі; кондитер өндірісінің құнды жаңғақ шикізаты.* **Орман жаңғақ туысы**. бот. *Орман жаңғағына туыстас өсімдік.* **Орман жаңғырту**. орманшар. *Орман ішінде ағаштары кесілген не өртелген алаңдарға ағаш отырғызу.* **Орман жидегі.** өс. *Биіктігі 5-20 см, көпжылдық шөп сабақтас өсімдік және ормандарда жабайы түрде өсетін бұталар, шала бұталар, шөптесін өсімдіктердің шағын, шырынды жемістері.* **Орман жолағы**. *Суармалы танаптардың төңірегіне, каналдардың, су қоймаларының жағалауларына, жол бойларына өсірілген ағаш, орман белдеулері.* **Орман заңнамасы**. орманшар. *Орман-тоғайды сақтау, қорғау және пайдаланудан туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер кешені.* **Орман зиянкестері**. зоол. *Ағаш, бұта өсімдіктерін зақымдайтын жәндіктер, кейбір кене түрлері, қоян, тышқан тұқымдас кеміргіштердің жалпы атауы.* **Орман зонасы**. геогр. *Қоңыржай климаттық белдеудегі қысы суық, қары қалың, жазы жылы, ылғалы мол, топырағы күлгін, батпақты табиғат зонасы.* **Орман күтуші**. *Орманды қорғаушы, қараушы.* **Орман қазтамағы**. өс. *Биіктігі 80 сантиметрге дейін жететін, тамыры тік өсетін, сабағының өн бойын түк басқан, жоғарғы жағында бұтақтары көп көпжылдық, шөп тектес өсімдік.* **Орман қарақасы.** зоол. <лат. dryomys nitedula> *Көбінесе таулы жерлерді мекендейтін, ағаш басында тіршілік етуге бейімделген қарақас тұқымдасына жататын кеміргіш.* **Орман қорғау**. орманшар. *Орман қорын тиімді пайдалану, оны толықтыру, өрттен, зиянкестерден және аурулардан қорғау, сондай-ақ ағаш өнімін арттыру шаралары.* **Орман қоры**. геогр. *Мемлекет аумағындағы барлық ормандар мен орман шаруашылығы қажетіне арналған жерлер.* **Орман қорықжайы**. орманшар. а) *Орман ағаштарының көшеті өсірілетін жер.* ә) *Ағаштар мен бұталардың көшеті өсіріліп, тұқымдары алынатын шаруашылық.* **Орман құлқайыры.** <лат. malva silvestris> өс. *Биіктігі 1 метрге дейін жететін, тамыры тұтас әрі түзу, көптеген қосымша тамырлары бар, бір немесе екіжылдық, шөп тектес өсімдік.* **Орман мелиорациясы**. сушар. *Қандай да болсын бір аумақтың (оған бұзылған жерлер де енеді) гидрологиялық, топырақтық, климаттық, ландшафтық және т.б. табиғи жағдайларын жақсарту үшін қолдан жасалатын немесе өзгермелі орман екпе ағаштарын пайдалану бойынша шаралар кешені.* **Орман отырғызу.** *Орман ағаштарын қолдан егіп өсіру.* **Орман өскін.** *Өсіп шыққан орман, орман қоры.* **Орман паркі.** *Қала сыртындағы көпшілік демалатын арнаулы орман-тоғай.* **Орман патшасы**. бейн. *Орман иесі.* **Орман сиыржоңышқасы**. өс. *Ағаш арасында өсетін биіктігі 150 см-дей, жайылымдық, көпжылдық шөп.* **Орман сусары**. зоол. *Ақшыл қоңыр түсті, құйрығы ұзын, бағалы аң.* **Орман тәлімбағы**. *Ағаш немесе бұта көшеттері өсірілетін тәлімбақ.* **Орман төсеніші.** *Орманда өскен ағаштың, бұтаның, шөптесін өсімдік қалдығынан пайда болған қабат.* **Орман хайуанаттары**. *Орманды аймақта тіршілік ететін жануарлар.* **Орман химиясы**. хим. *Ағаштан көпір, шайыр, сірке қышқылын алу үшін, ағаш сүректерінің өндірістік өнімдерін өңдеумен шұғылданатын химияның технология саласы.* **Орманын отын етті**. *Тіршілігін, күнкөрісін жоқ қылды, ойрандады.*

**ОРМАН**[2] зат. көне. этн. ***Орман ішік.***

**Орман ішік.** этн. *Бұлғын, тиін, кіс тәрізді орман хайуанаттарының терісінен дайындалған ішік.*

**ОРМАНДАЙ** сын. *Орман сияқты, орман тәрізді.*

**Ормандай орыс.** бейн. *Көп, қаптаған.* **Ормандай түнерді**. *Қабағы түсті, іштей ызаланды.*

**ОРМАНДАН=** ет. *Орман өсу, орман пайда болу.*

**ОРМАНДАНУ** *Ормандан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРМАНДАНДЫР**= ет. *Орман отыр- ғызыру.*

**ОРМАНДАНДЫРУ** *Ормандандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРМАН-ДАРИЯ** зат. *Жер-су, орман, тоғай.*

**ОРМАНДЫ** сын. *Орман өскен, орманы бар.*

**Орманды дала.** геогр. *Орман мен дала арасындағы өтпелі алқап.* **Орманды дала аймағы [зонасы]**. геогр. *Орман және дала зоналарының ландшафтысы кезектесіп отыратын қоңыржай климаттық белдеудің табиғат зонасы.* **Орманды дала ауа райы.** геогр. *Ылғалды ауа райынан құрғақ ауа райына өтпелі ауа райы түрі.* **Орманды дала белдемі.** геогр. *Құрлықтардың қоңыржай белдеуін қамтитын табиғи географиялық бөлімнің бірі.* **Орманды дала климаты.** ***Орманды дала ауа райы.*** **Орманды парк зонасы**. *Адамдардың тынығуына арналған ауыл, қала маңындағы және ауыл, қала сыртындағы орманды территория.* **Орманды тундра**. геогр. *Солтүстік жарты шардағы орман мен тундра аралығындағы табиғи ауыспалы зона.*

**ОРМАНДЫ-ДАЛАЛЫ** сын. *Орман мен далалы алқап араласқан.*

**Орманды-далалы алқап.** геогр. *Қоңыржай ауа райы белдеуінде орналасқан орман мен шөптесін өсімдік басқан жер бөліктері алмасып отыратын аймақ.*

**ОРМАНДЫҚ** сын. *Орман өскен, қалың ағашты (жер).*

**ОРМАН-КӨЛ** зат. *Жасыл, тоғайлы алқап, мөлдір су, бәрі.*

**ОРМАН-ҚЫСТАҚ** зат. *Дала, тоғай, елді мекен, бәрі.*

**ОРМАНСЫЗ** сын. *Ағаш өспеген тақыр; орманы жоқ.*

**ОРМАНТАНУ** зат. ғыл. *Орман туралы ілім, оның құрылымын, экологиясын, биологиясын, өсуін, атмосферамен байланысын, гидрологиялық режимін, жануарлар әлемімен байланысын зерттейтін ғылым саласы.*

**ОРМАН-ТОҒАЙ** зат. *Табиғи өскен, қалың ағаш, ну, жыныс.*

**ОРМАН-ТОҒАЙЛЫ** сын. *Орман-тоғайы көп.*

**ОРМАНША** зат. *Көлемі шағындау орман.*

**ОРМАНШАРУАШЫЛЫҚ** зат. *Халық шаруашылығының орманды зерттеу, есепке алу және ұлғайту, өрттен, зиянкестер мен аурулардан қорғау, қалпына келтіру, пайдалану, өнімділігін арттыру ісімен шұғылданатын саласы.*

**ОРМАНШЫ** зат. *Орман күзетуші қызметкер.*

**ОРМАНШЫЛ** сын. *Орманға барғыш, орманды жақсы көретін.*

**ОРМАНШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Орманшаруашылығымен айналысушылық, орман егушілік.* **2.** *Орманшы кәсібін меңгерушілік.*

**ОРНА=** ет. **1.** *Орнығу; пайда болу.* **2.** *Салыну, тұрғызылу.* **3.** *Меңдеу, басып алу, жайлау.* **4.** *Қол жету.*

**ОРНАЛ=** ет. *Тігілу, орнығу.*

**ОРНАЛАС=** ет. **1.** *Үлкен, ірі нысандардың орын тебуі, орнығысуы.* **2.** *Жұмысқа, қызметке тұру.* **3.** *Тұру, орнығу.* **4.** *Қоныстану, өмір сүру.* **5.** баспа. *Басылатын материалдың орнын белгілеу.*

**ОРНАЛАСТЫР=** ет. **1.** *Орын тептіру.* **2.** *Жайғастыру.* **3.** матем. *Кез келген* $A=(a_1, a_2,...,a_m)$ *жиынынан* $в=(a_{i1}, a_{i2},...,a_{in})$ *элементтерін бөліп алып, белгілі бір ретпен тізбектеу.*

**ОРНАЛАСТЫРТ=** ет. *Жайғастырту, орын тептірту.*

**ОРНАЛАСТЫРТҚЫЗ=** ет. *Жайғастыртқызу, орын тепкіздірту.*

**ОРНАЛАСТЫРТҚЫЗУ** *Орналастыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАЛАСТЫРТУ** *Орналастырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАЛАСТЫРУ** *Орналастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Жайғастырылу.*

**ОРНАЛАСТЫРЫЛУ** *Орналастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАЛАСУ** *Орналас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАЛУ** *Орнал етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАТ=** ет. **1.** *Бейіт басына белгі салдыру, жасату, қойдырту.* **2.** *Қару-жарақты оқтау, оқ салу.* **3.** *Орналастыру, қою.* **4.** ауыс. *Жамандық, қайғы-қасірет әкелу.*

**ОРНАТҚЫЗ** = ет. **1.** *Салдырту, жасату.* **2.** *Бейітке белгі қойдырту.*

**ОРНАТҚЫЗУ** *Орнатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАТТЫР=** ет. **1.** *Салдырт, орналастыру (затты).* **2.** *Бейіт басына белгі қойдыру.*

**ОРНАТТЫРУ** *Орнаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАТУ** *Орнат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАТУШЫ** зат. *Орнату ісіне тікелей қатысушы, өз қолымен атқарушы.*

**ОРНАТЫЛ=** ет. *Жасатылу, құрылу.*

**ОРНАТЫЛУ** *Орнатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАТЫС=** ет. **1.** *Құрысу, жасасу.* **2.** ауыс. *Қолдан жасау, болдыру.*

**ОРНАТЫСУ** *Орнатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНАУ**[1] *Орна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір табиғи не қоғамдық құбылыстың басуы, жайылуы.* **2.** *Тұрақтау, беку.*

**ОРНИТОЗ** [грек. ornis] зат. вет. *Адамдар мен құстарда болатын жұқпалы ауру.*

**ОРНИТОЛОГ** [грек. ornis - құс, logos - ілім зат. зоол. *Құстарды зерттеуші ғалым.*

**ОРНИТОЛОГИЯ** [грек. ornis – құс, logos – ілім] зат. зоол. *Омыртқалы жануарлар зоологиясының құстар өмірін, олардың жүйеленімі, жекеше және тарихи дамуы, физиологиясы, экологиясы, жер бетіне таралуын зерттейтін саласы.*

**ОРНИТОЛОГИЯЛЫҚ** зат. *Орнитологияға тән, соған қатысты.*

**ОРНИТОФАГТАР** [грек. ornis – құс, phagos – жалмаушы] зат. *Тірі құстарды ұстап, тек солармен ғана қоректенетін жыртқыш құстар, лашындар, қырғилар.*

**ОРНИТОФАУНА** зат. зоол. *Белгілі бір аумақта тұрақты мекендейтін, не белгілі бір маусымда кездесетін немесе кездейсоқ ұшып келген құстардың тізімі.*

**ОРНЫҒУ** *Орнық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орналасу, тұру.* **2.** *Беку, тұрақтау.*

**ОРНЫҒЫС=** ет. *Жайғасу.*

**ОРНЫҒЫСУ** *Орнығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНЫҚ=** ет. **1.** *Орын тебу, орналасу, тұрақтау.* **2.** ауыс. *Қалыптасу.*

**ОРНЫҚСЫЗ** сын. *Мықты орнықпаған, орны жайсыз.*

**ОРНЫҚСЫЗДАНДЫР=** ет. *Бұзу, орнатылуына кедергі келу.*

**ОРНЫҚСЫЗДАНДЫРУ** *Орнықсыздандыру етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНЫҚСЫЗДЫҚ** зат. **1.** физ. *Табиғаттағы не техникадағы қозғалысты сипаттайтын дифференциалдық теңеулердің қозғалушы жүйеге қатысы тұрғысынан тұрақсыз көрінісі.* **2.** псих ол. *Жүйке клеткасы не функциялық құрылымның уақыттың бір өлшемінде бұрмаламай бере алатын импульстерінің ең көп саны.*

**ОРНЫҚТЫ** сын. **1.** *Қозғалмайтын, мықтап бекітілген, жайлы.* **2.** ауыс. *Байыпты, салмақты.* **3.** *Тұрақты, қалыпты.*

**Орнықты демпинг.** экон. *Ішкі рынокпен салыстырғанда баға жөнінен неғұрлым икемді сыртқы рынокта бәсекелесуге қаділетті шепті жеңіп алу мақсатымен демпинг саясатын іске асыру жөніндегі ұзақ уақытқа созылған тұрақты демпинг.* **Орнықты жүйе [система]**. матем. *Табиғаттағы немесе техникадағы қозғалысты сипаттайтын дифференциалдық теңеулердің қозғалушы жүйеге қатысты тұрғысынан тұрақты көрінісі.* **Орнықты мүлік.** қоғ.-экон. *Жер, баспана, ғимарат сияқты қозғалмайтын мүлік.*

**ОРНЫҚТЫЛЫҚ** зат. **1**. *Байыптылық, салмақтылық, тұрақтылық.* **2.** *Тыныштық, ел ішіндегі тұрақты саяси-әлеуметтік жағдай.* **3.** физ. *Табиғаттағы не техникадағы қозғалысты сипаттайтын дифференциалдық теңеулердің қозғаушы жүйеге қатысы тұрғысынан тұрақты көрінісі.*

**Орнықтылық теориясы.** матем. *Ғаламшарлардың орын тұрақтылығы туралы дифференциалдық теңдеулер теориясының бір тарауы.*

**ОРНЫҚТЫР=** ет. **1.** *Орнына келтірту, тұрақтандыру.* **2.** *Бекіте түсу, қалыптандыру.*

**ОРНЫҚТЫРУ** *Орнықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРНЫҚТЫРУШЫ** зат. *Бір нәрсенің орнығуына атсалысушы, белсене араласушы.*

**ОРНЫМЕН** үст. *Орынды, ретімен.*

**ОРНЫМЕНЕН** үст. сөйл. *Реті келгенде, орынды жерде.*

**ОРОГРАФИЯ** [грек. oros - тау, grapho - жазамын] зат. геол. *Жер бедерінің әртүрлі элементтерінің (жоталар, жондар, ойыстар және т.б.) сипаттамасы және олардың шығу тегіне байланыссыз сыртқы нышандарына қарай жіктеу.*

**ОРОГРАФИЯЛЫҚ** сын. геол. *Орографияға тән, орфографияға қатысты.*

**Орографиялық жауын-шашын.** геол. *Жер бедері әсерінен пайда болған бұлттардан жауған жауын.*

**ОРПА** зат. жерг. *Аузы кең, таяз, шегендемеген құдық.*

**ОРПАЛАН=** ет. *Өзеннің оралымында топырақ, майда құмның жиналып көтерілуі.*

**ОРПАЛАНУ** *Орпалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРПАЛЫҚ** зат. жерг. *Құдық қазғанда суы таяздан шығатын жер.*

**ОРСАҚ** сын. *Қисық, кетік.*

**ОРТ** [нем. Ort] зат. кен. *Кенорнының ұзына бойына кесе-көлденең жазықтықта жүргізілген, еңістік бұрышы 0-3°-тан аспайтын көлденең қазба.*

**ОРТА**[1] сын. *Белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес, жарты.*

**Орта арық.** жерг. *Үлкен арықтан тарайтын арықтар.* **Орта бау.** жерг. *Шаңырақтың күлдіреуіш арқылы жел тұрғанда жұқ бастыратын жібі.* **Орта бизнес.** *Орта кәсіпкерлік.* **Орта бойлы.** *Бойы онша биік те емес, аласа да емес, орташа.* **Орта бөлік.** тар. *1824 ж. Кіші жүзде хандық билік жойылғаннан кейін енгізілген әкімшілік басқару жүйесі.* **Орта бөтегелі.** сaят. *Қыран құсқа беріле- тін жем мөлшерінің атауы.* **Орта буын.** поэт. *Аға буын мен жас буынның аралығындағы ұрпақ.* **Орта білім.** пед. *Ғылым негіздерін білуді талап ететін, қоғамға пайдалы еңбекке қатысуға және жоғары білім алуға қажетті білім мен дағдылар жиынтығы.* **Орта білім беру**. пед. *Үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі деңгей болып табылатын және жалпы, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беруді қамтитын білім беру үрдісі.* **Орта білімді.** *Жалпы білім беру жүйесінің бастауыш деңгейінен жоғары жалпыға бірдей мектептерде алатын білімі бар.* **Орта ғасыр.** тар. <лат. medium acvum> *Адамзат тарихындағы 5 ғасырдың аяғынан 17 ғасырдың ортасына дейінгі аралықты қамтитын кезең (көне дәуір мен жаңа дәуір аралығы).* **Ортадан жоғарылау.** *Тым ұзын емес, бойы ұзын*

*деуге келмейтін.* **Орта дәрежелі білім [оқу].** *Он жылдық мектепте немесе арнаулы білім беретін техникум, училищелерде берілетін білім.* **Орта дәрежелі мектеп.** *Он жылдық білім беретін оқу орны, мектеп.* **Орта дәрежелі метаморфизм.** геол. *Эпидот-амфиболитті және амфиболитті фациялар.* **Орта дәрежелі оқу орны.** *Орта білім беретін мекеме.* **Орта дәулетті.** *Аса бай емес, орташа ауқатты (адам).* **Орта ендіктер.** геогр. *Жер бетінің солтүстік және оңтүстік жарты шарларда 40 және 65° солтүстік ендік пен 42 және 58° оңтүстік ендік аралығына орналасқан кең алқаптары.* **Орта есеппен.** *Көбін де, азын да емес, орташасын алғанда.* **Орта етіне келді.** саят. *Құстың сары тап болып арықтауы.* **Орта жас.** *Онша жас та, кәрі де емес; елу жастың үсті.* **Орта жол [жол ортасы].** *Аягына дейін жү- рілмеген жол, аралық.* **Орта жолда қалды.** *Шаңына ілесе алмады, қалып қойды.* **Орта жолда тастады [мүдірді].** а) *Бастаған істі аяқтамады, басқа шаруаға, қызыққа ауысып кетті.* ә) *Бағы тайды, өмірлік қызығынан қол үзді.* **Орта жолдан оралу [қайту].** *Істі аяқтамай тастап кету, басқа шаруаға ауысып кету.* **Орта жүз.** этн. *Құрамына арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ рулары кіретін қазақ тайпаларының этникалық, саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі.* **Орта кәсіпкерлік.** экон. *Қарамағындағы мүліктерді заңды негізде пайдаланып, өзінің бастамасымен шешім қабылдауға және кез келген іс-қимылдар жасауға құқықты заңды ұйым немесе жеке азаматтың орташа кәсіпкерлік қаракетшілдігі.* **Орта кеседей.** *Кесенің ортасынан келтіріп.* **Орта мектеп.** пед. *Бірінші сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейін жалпы не арнаулы орта білім беретін оқу жүйесі.* **Орта саусақ.** а) саят. *Саят құсының өзгелерінен сәл ұзынырақ, ұшкір болатын саусағы, жембасары.* ә) ***Ортан қол.*** **Орта сызық.** спорт. *Спорт албарының ортасын қақ бөлетін сызық.* **Орта тап.** әлеум. *Қоғамның қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін орта дәулетті, негізгі тап өкілдері.* **Орта түркі әдеби тілі.** лингв. *Орта ғасырлардың бастапқы кезінде араб әліпбиінде жазылған Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» (11 ғ.), Юсуф Баласағұнның «Құтадғу біліг» (11 ғ.) шығармаларының және орта ғасырлардың орта тұсында жазылған, 14–16 ғасырлардағы жазба ескерткіштердің («Мұхаббатнама», «Оғыз-нама» т.б.) тілі.* **Орта шама.** матем. *Сандар не функциялар тобының сипаттамасы.* **Орта шаруа [шаркы].** *Әл-ауқаты жақсы; орташа дәулетті адам.* **Орта шен.** *Ортасына таман.* Орта калибрлі зеңбірек. әск. *Калибрі 76 мм-ден 130 мм-ге дейін жететін зеңбірек түрі.*

**ОРТА**[2] зат. **1.** *Адамның туып-өскен, жұмыс істеген жері, қоршаған қауым.* **2.** *Үйдің т.б. іші, арасы.* **3.** *Дөңгелене біткен нәрсенің іші, орта тұсы.* **4.** *Белгілі бір көлемнің, қашықтықтың, мезгілдің орта тұсы.* **5.** *Айдың, жылдың, мезгілдің тең аралығы, жартысы.*

**Ортаға алды.** *Жан-жақтан қаумалады, кеу-кеуледі.* **Ортаға алдырды.** *Талқыға салды.* **Ортаға енді.** *Араласты, бірге болды.* **Ортаға кісі салды.** *Бір нәрсені келістіру үшін араға адам кірістірді.* **Ортаға салды.** а) *Көрген-білгенін басқаларға айтты.* ә) *Өз мүлкін не ақшасын көпшілікке берді, бөлісті.* **Ортаға тастады.** *Жария етілді, айтылды, ұндеу тасталынды.* **Ортаға түсті.** а) *Алдарына келді, талқыға салынды.* ә) *Не де болса көруге, талқыға түсуге бел буды.* **Ортаға шығып биледі.** *Шеңбер құрып билеп тұрғандардың алдына шығып биледі.* **Орта қазан.** *Көпшіліктің бірігіп, бір жерден ішетін тамағы.* **Ортаны реттегіштер.** хим. *Судың қышқылдығын немесе сілтілігін өзгерту үшін қосылатын заттар.* **Орта толсын!** тілек. *Бас көбейсін, жан көбейсін деген мағынада айтылатын тілек.*

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ** сын. *Орта ғасырға тән, орта ғасырда болған.*

**ОРТАЙ**= ет. **1.** *Деңгейі төмендеу, қайту, тартылу.* **2.** *Кему, азаю, орталану.* **3.** ауыс. *Бәсеңдеу, саябырлау, басылу.* **4.** ауыс. *Кшірейіп, азып кету, құшию.*

**Ортайғаны молайсын.** тілек. *Шығынның орны толсын, қоры көбейсін деген мағынада.*

**ОРТАЙТ**= ет. *Кеміту, азайту.*

**ОРТАЙТУ** *Ортайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАҚ**[1] зат. тар. *Бірнеше адамнан не- месе көп адамдардан құралған бірлестік, ша- руашылық.*

**ОРТАҚ**[2] сын. **1.** *Барлығына бірдей қаты- сы бар, көпшілікке арналған, баршаға тән.* **2.** ауыс. *Еншілес, үлестес.*

**Ортақ болды.** *Иелік етісті, бөлісті.* **Ортақ етіс.** лингв. *Қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіретін етіс түрі.* **Ортақ күн.** экон. а) *Тиянақты күндар сомасы.* ә) *Бағалы қағаз үшін төленетін келісімді баға, делдалдық комиссиялық алым және сатушы тапқан кез келген өсімді пайыз.* **Ортақ меншік.** экон. а) *Екі не бірнеше тұлғаның мүлікке меншік құқықтарының жиынтығы.* ә) *Жұбайлар жинаған, өздеріне тиесілі ортақ меншік пен табыс.* **Ортақ міндет.** *Жұрттың, көпшіліктің мүдделі ісі, шаруасы.* **Ортақ мүдде.** *Көпшілік қамы, арман-тілегі.* **Ортақ несіп.** *Ұқсас үлес, бірдей мән-маңыз, ортақ мәртебе.* **Ортақ пайда.** экон. *Ортақ табыс пен ортақ шығынның арасындағы айырма.* **Ортақ ресурс.** инф. *Бірнеше пайдаланушы немесе бірлесіп қолданатын желідегі, жұмыс тобындағы кез келген құрылғы, файл, каталог немесе принтер.* **Ортақ тіл.** лингв. *Белгілі бір қоғамда бірге өмір сүруші әртүрлі халықтың, ұлттың және этнографиялық топтың бәріне түгел түсінікті, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ететін тіл.* **Ортақ тіл тапты.** *Ойлары бір жерден шықты, пікірлес болды.*

**ОРТАҚОЛ** сын. *Айтарлықтай емес, орташа.*

**ОРТАҚОЛДЫ** сын. **1.** *Арзанқолдау, жұпыны.* **2.** *Әжептәуір, тәп-тәуір, орташа.*

**ОРТАҚТАС** сын. *Еншілес, иелес, бір нәрсеге ортақ, қатысы бар.*

**ОРТАҚТАС**= ет. *Бір нәрсеге ортақ болу, үлес алу, бөлісу.*

**ОРТАҚТАСТЫҚ** зат. *Ортақ болушылық, бөлісушілік; үлестестік.*

**ОРТАҚТАСТЫР**= ет. **1.** *Бір нәрсеге ортақ еттіру, үлестес болу, бөлістіру.* **2.** *Бірлестіру, ұжымдастыру.*

**ОРТАҚТАСТЫРУ** *Ортақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАҚТАСТЫРЫЛ**= ет. *Ортақ еткізілу, үлестірілу.*

**ОРТАҚТАСТЫРЫЛУ** *Ортақтастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАҚТАСУ** *Ортақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАҚТАСУШЫ** зат. *Ортақ болушы, бөлісуші.*

**ОРТАҚТАСУШЫЛЫҚ** зат. *Ортақ болушылық, бөлісушілік.*

**ОРТАҚТЫҚ** зат. *Ортақ болушылық.*

**ОРТАҚШЫЛ** сын. *Барын ортаға салғыш, көпшіл.*

**ОРТАҚШЫЛДЫҚ** зат. *Қоғамшылдық, қауымшылдық, көпшілдік.*

**ОРТАЛА**= ет. **1.** *Толы нәрсені азайту, тең жартысына жеткізу.* **2.** *Уақыт, мезгілдің ортасынан өтуі; жартылануы.*

**ОРТАЛАН**= ет. *Азаю, тең жартысына же- ту.*

**ОРТАЛАНУ** *Орталан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАЛАТ**= ет. *Азайту, кеміту.*

**ОРТАЛАТУ** *Орталат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАЛАУ**[1] сын. *Орташа, төмендеу.*

**ОРТАЛАУ**[2] *Ортала етістігінің қимыл атауы.*

**Орталау білім.** тар. пед. *8 жылдық білім.* **Орталау мектеп.** пед. *9 сыныптық білім беретін орта мектеп.*

**ОРТАЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір аралықтың бел ортасы, орта тұсы.* **2.** *Белгілі бір аумақтың, өлкенің орта тұсы, негізгі бөлігі немесе елді мекен.* **3.** әкімш. *Мемлекеттік, одақтық не республикалық дәрежедегі саяси-әкімшілік басқару орындары орналасқан басты қала.* // тар. совет. *Кеңес Одағы кезіндегі бүкіл республикалардың үстінен билік жүргізген Мәскеу.* **4.** *Белгілі бір саладағы, қызмет түріндегі реттеп басқарып отыратын орын, мекеме, бөлім т.б.* **5.** ауыс. *Негіз, тірек, күш.*

**Орталық баспасөз [басылым].** *Орталықтан басылып шығатын газет-журнал т.б.* **Орталық газет.** *Белгілі бір әкімшілік аймақтың немесе мекеме, ұйымның басқрау органының басылымы.* **Орталық жүйке жүйесі.** мед. <лат. systema nervosum centrale> *Адам мен жануарлардың ағзалары мүшелер жүйелерінің қызметтері мен жұмыстарын үйлестіріп, реттеп, жүйке жасушалары мен оның өсінділерінен тұратын жүйке жүйесінің ең негізгі бөлігі.* **Орталық комитет [Орталық партия комитеті, КПСС Орталық Комитеті].** тар. совет. *КСРО коммунистік партиясының мемлекеттік, одақтық дәрежедегі жоғарғы органы.* **Орталық морена.** геогр. *Тау аңғарлық мұздық бойында жоғарыдан төмен қарай тізбек жал түрінде созылып жатқан қиыршықтас, таужыныстардың ірі сынықтарының біріккен жиынтығы.*

**ОРТАЛЫҚСЫЗ** сын. *Орталықтың қатысынсыз.*

**ОРТАЛЫҚСЫЗДАН=** ет. *Орталықтан бөлшектену, оқшаулану.*

**ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫР**= ет. қоғ. экон. *Басқаруды жергілікті органға беру.*

**ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ** *Орталықсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАЛЫҚСЫЗДАНУ** *Орталықсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАЛЫҚТАН**= ет. *Бір орталыққа бағыну, негізделу, жүйелену.*

**ОРТАЛЫҚТАНДЫР**= ет. **1.** *Бір ортаға жию, топтау, біріктіру.* **2.** қоғ. *Қоғамдық, экономикалық басқаруды орталыққа бағындыру, орталық арқылы басқару.* **3.** *Орталық арқылы ұйымдастыру, жүйеге түсіру.*

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ** *Орталықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛ**= ет. **1.** *Орталық жүйе арқылы басқару, реттеу.* **2.** саяси. *Бір орталыққа бағындырылу.*

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Орталықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТАН**: **ортан бел.** *Дәл ортасы, тең жартысы.*

**Ортан жілік.** а) анат. <лат. femur> *Жоғарғы жағы жамбаспен, төменгі жағынан асықты жілікпен түйіскен сан жілік.* ә) этн. *Бас табаққа және орта табаққа салынатын кәделі мүше.* **Ортан қол [саусақ].** *Сұқ қол мен аты жоқ саусақтың арасындағы саусақ.* **Ортан қолдай.** *Мықты, жарамды.* **Ортан саусақ.** саят. *Бүркіттің ортаңғы саусағы, сығымы.* **Ортан терек.** этн. *Балалардың қуырмаш ойнында айтылатын ортан қол атауы.*

**ОРТАНҒЫ** сын. *Ортадағы, орта шеніндегі, орта тұсындағы аралық.*

**ОРТАНШЫ** сын. **1.** *Бір нәрсенің ортасындағы, ортаңғы.* **2.** *Бірге туған үш баланың екіншісі.*

**ОРТАНШЫМ** зат. этн. *Жеңгесінің ортаншы қайнысына қойған аты.*

**ОРТАҢҒЫ** сын. сөйл. ***Ортаңғы.***

**Ортаңғы қабат.** анат. <грек. mesoderma> *Сыртқы (эктодерма) және ішкі (эндодерма) ұрықтық қабаттар (жапырақшалар) аралығында орналасқан ортаңғы ұрықтық жапырақша.* **Ортаңғы құлақ.** анат. <лат. auris media> *Самай сүйегі дабыл қуысында орналасқан құлақтың бөлігі.* **Ортаңғы ми.** анат. <грек. mesencephalon> *Ортаңғы ми қақпағы мен үлкен ми аяқшаларынан тұратын ми бөлігі.*

**ОРТАТАБАҚ** зат. этн. *Бас табақтан кейінгі дастарқанға тартылатын кәделі табақ.*

**ОРТАША**[1] сын. **1.** *Жақсы да, жаман да емес, қанағаттанарлық.* **2.** физ. *Бірқалыпты, тұрақты.*

**Орташа адам.** сөйл. *Мүмкіндіктері, дәулеті орта деңгейдегі өзіндік ұстанымдарын қорғау қабілеті төмен қоғамның әлеуметтік топ өкілі.* **Орташа ауырлықтағы зиян.** құқық. *Адамның өміріне қауіпті ауыр зардаптарға апарып соқтырмаған зақым.* **Орташа дауыстылар.** лингв. *Айтуда тілдің орташа деңгейде көтерілуінен пайда болған ашық дауыстылар.* **Орташа жалақы.** экон. *Кәсіпорынның (фирманың, ұйымның, мекеменің), саланың немесе жалпы халық шаруашылығының бір қызметкеріне тиесілі бір айға, тоқсанға, жылға шағып айқындалатын жалақының мөлшерін сипаттайтын көрсеткіш.* **Орташа жел.** әск. *Ядролық жарылыс бұлтының көтерілу биіктігі мөлшеріндегі, орташа жылдамдықтағы және барлық ауа қабаты бағытындағы жел.* **Орташа жылдамдық.** физ. *Нүктенің қандай да бір уақыт аралығында орташаланған қозғалыс жылдамдығы.* **Орташа температура.** геогр. *Тәуліктік, айлық, маусымдық, жылдық температураның жиынтығынан шығарылатын жергілікті жер температурасының орташа арифметикалық көрсеткіші.* **Орташа тығыздық.** *Табиғи күйдегі материал көлемінің бірлік массасы (г/см$^3$, кг/м$^3$).*

**ОРТАША**[2] зат. тар. *Шаруашылығы жағынан бай-құлақ пен кедейдің аралығындағы шаруа.*

**ОРТАШАЛАН=** ет. *Азаю, кему.*

**ОРТАШАЛАНУ** *Орташалан етістігінің қи- мыл атауы.*

**ОРТАШАЛАУ** сын. **1.** *Орта бағамен, қанағаттанарлықтай.* **2.** *Шаруасы орташаға жетеқабыл.*

**ОРТАШЫЛ** сын. *Көппен жүргенді жақсы көретін көпшіл.*

**ОРТАЮ** *Ортай етістігінің қимыл атауы; кему, азаю.*

**ОРТЕКЕ** зат. **1.** этн. *Домбыра тартқанда күй ырғағымен бірге тербелуге жіп арқылы саусақпен жалғастырып қойған, ағаштан жасалған таутеке ойыншығы.* **2.** *Дала ешкілерінің үйірін қарауылдап жүретін, үйірдің алдында жүретін ешкі.*

**ОРТЕКЕДЕЙ** сын. *Ортеке сияқты, ортеке тәрізді.*

**Ортекедей пысқырды.** *Қорықты, шошыйты.*

**ОРТЕКЕШЕ** үст. *Ортеке құсап, ортеке тәрізді.*

**ОРТИКОН** [грек. orthos] зат. физ. *Мозаикалық фотокатодта жарық бейнесі потенциалдық бедерге айналатын теледидарлық электрондық-сәулелік құрал.*

**ОРТИТ** [грек. orthos] зат. геол. *Кристалдары қалың, тақта, сояу тәрізді, агрегаттары түйірлі силикаттар класына жататын минерал.*

**ОРТҚУ** *Ортқы етістігінің қимыл атауы.*

**ОРТҚЫ=** ет. *Секіру, ырғу, ытқу; шоршу.*

**ОРТО...** **1.** *Берілген ангидридтің қышқылдық қатарындағы ең көп гидроксил тобы кіретін қышқылдың атауына қолданылатын қосымша.* **2.** *Изомерлерді атауда, орынбасардың ортожағдайда орналасқандығын көрсететін қосымша.*

**ОРТОГЕНЕЗ** [грек. orthos – түзу, ge- nesis – шығу тегі] зат. биол. *Тірі табиғаттың дамуына ішкі факторлар себепші болып, ағзалар эволюциясы қатаң түрде белгілі бір бағытта жүреді деген тұжырым.*

**ОРТОГНАТИЗМ** зат. *Адамның бет сү- йектерінің қырынан қарағандағы түзулік нормасы.*

**ОРТОГНЕЙСТЕР** зат. кен. *Ақтарылма (магмалық) таужыныстар есебінен қалыптасқан гнейстер.*

**ОРТОДОКС** [грек. orthodoxos] зат. *Ортодоксалдық көзқарастағы адам.*

**ОРТОДОКСАЛДЫ** сын. кіт. *Белгілі бір ілімді, көзқарасты қатаң ұстанатын, ақырына дейін айнымайтын.*

**ОРТОДОКСАЛДЫҚ** зат. кіт. *Белгілі бір пікірді, бағытты бұлжытпай, дәйектілікпен жақтаушылық, айнымаушылық.*

**ОРТОДОКСИЯ** [грек. orthodoxia] зат. *«Дұрыс» доктрина, діни ұғымдардың беделді инстанцияларымен тіркелген (мысалы, христиандық шіркеу) және ұйымның барлық мүшелеріне міндетті доктрина.*

**ОРТОДРОМИЯ** [грек. orthos – тік, dromos – жол] зат. *Жер бетіндегі екі нүктенің арасындағы ең қысқа сызық.*

**ОРТОЖЫНЫСТАР** зат. геол. *Ақтарылма (магмалық) таужыныстардың метаморфтануынан қалыптасқан кристалды тақтатастардың жалпылама атауы.*

**ОРТОИЗОМЕР** зат. хим. *Орынбасарлары орто орында орналасқан, екі орынбасқан бензол изомері.*

**ОРТОКЛАЗ** [грек. orthos – тік, klasis – бөліну] зат. *Силикаттар класының дала шпаттары тобындағы минерал.*

**ОРТОЛОГИЯ** [гр. orthologia - тікелей, тік, типтік, тәндік] зат. **1.** анат. *Жекеленген ағзалардағы біртекті, жалпы патологиялық (дистрофиялық) құбылыстардың өзіндік ерекшелігін (тәндік) қасиетін түсіндіретін ұғым.* **2.** лингв. *Тілдің нормаларын және нормадан ауытқуларды зерттейтін тіл білімінің бір бөлімі.*

**ОРТОМИГМАТИТ** зат. хим. *Магманың шөгінді емес, магмалық таужыныстарға енуінен қалыптасқан мигматиттің түрі.*

**ОРТООРЫН** зат. хим. *Бензол сақинасындағы изомерлердің қатар орналасуы.*

**ОРТОПЕД** зат. мед. *Ортопедия мама- ны.*

**ОРТОПЕДИЯ** [грек. orthos – тіке, дұрыс, paideia – тәрбиелеу] зат. мед. *Аяқ кемістігін және дене мүшелерінің қисайған жерлерін түзейтін хирургияның бір саласы.*

**ОРТОПЕДИЯЛЫҚ** сын. *Ортопедияға тән, ортопедияға қатысты.*

**Ортопедиялық стоматология.** мед. *Тісті шегендейтін тіс, жақ, таңдай және бет кемістігіне протез жасайтын сала.*

**ОРТОПСИХИАТРИЯ** [грек. orthos – тура, дұрыс, psyche – жан, therapeia – емдеу] зат. психол. *Психикалық және эмоциялық бұзылуды ертерек емдеу арқылы болдырмауды қарастыратын пән.*

**ОРТОПТЕР** [грек. orthos – тік, pteron – қанат] зат. *Қанаттары бар ұшу аппараты.*

**ОРТОФОСФАТ** зат. хим. *Ортофосфор қышқылының тұзы.*

**ОРТОХЛОРИТТЕР** зат. хим. *Хлориттердің жақсы кристалданған, Fe2O3 4%-дан аспайтын магнийлі түрлері.*

**ОРТОФИР** зат. хим. *Фенокристеры калишпаттан тұратын палеотипті трахиттік порфирдің түрі.*

**ОРТШТЕЙНДЕР** зат. кен. *Гумидтік белдемдердің сазды топырақтарындағы темірлі жиырылымдар (тасберіштер).*

**ОРТЫП-ЖОРТ=** ет. сөйл. *Кезу, шарлау.*

**ОРТЫП-ЖОРТУ** *Ортып-жорт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРУ** *Ор етістігінің қимыл атауы; шабу, ке- су.*

**ОРУЛЫ** сын. *Орылған, шабылған.*

**ОРУСЫЗ** сын. *Орылмай қалған, орылмаған.*

**ОРУШЫ** зат. *Егін оратын адам.*

**ОРФЕЙ** [грек. orpheus] зат. *Ежелгі грек мифологиясындағы музыка мен өлең құрастыруды ойлап табушы.*

**ОРФИЗМ** зат. тар. *Дионистің жеке басына табынушылық реформасының нәтижесінде б.з.д. VI ғасырда пайда болған көне гректердің діни қозғалысы.*

**ОРФОГРАММА** [грек. orthos – дұрыс, gramma – жазу] зат. лингв. *Орфографиялық сөздікте заңдастырылған, сөздің талап етілетін дұрыс жазылу нормасы.*

**ОРФОГРАФИЯ** [грек. orthos – дұрыс, grapho – жазамын] зат. лингв. ***Емле*** *(тілдегі сөздерді дұрыс жазу ережелерінің қабылданған жүйесі).*

**ОРФОГРАФИЯЛАН=** ет. лингв. *Бір ізге түсіріліп, жүйеленіп, орфографиялық сөздікке қамтылу.*

**ОРФОГРАФИЯЛАНУ** *Орфографиялан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРФОГРАФИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Орфографияға тән, орфографияға қатысты.*

**Орфографиялық сөздік.** лингв. *Белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуын көрсететін емле сөздігі.* **Орфографиялық түзетуші.** инф. <ағыл. spelling corrector> *Мәтін сөздерін сөздікпен салыстыратын, сәйкессіздікті байқайтын және белгілейтін, түзетудің мүмкін нұсқаларын ұсынатын мәтіндерді дайындау жүйесінің бөлігі.*

**ОРФОЭПИЯ** [грек. orthos – дұрыс, epos – сөз, сөйлеу] зат. лингв. *Сөздер мен сөз тіркестерін әдеби тілдің ауызша нормасына сай етіп дұрыс айта білуі ережелері жиынтығы.*

**ОРФОЭПИЯЛЫҚ** сын. *Орфоэпияға тән, орфоэпияға қатысты.*

**Орфоэпиялық сөздік.** лингв. *Белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс айтылу нормасын көрсететін сөздік.*

**ОРХИДЕЯ** [грек. orchidion] зат. өс. *Қош иісті, ерекше пішінді ақшыл гүлдері бар тропиктік өсімдік.*

**ОРХОН-ЕНИСЕЙ: Орхон-Енисей жазбаларының тілі.** лингв. *Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінде сақталған көне түркі әдеби тілдерінің шартты атауы.*

**ОРХИТ** [грек. orchis] зат. мед. *Аталық ұрық безінің (еннің) қабынуы.*

**ОРШУ** *Оршы етістігінің қимыл атауы.*

**ОРШЫ**= ет. *Бір орында тұрмай ыршу, секіру, ытқу; шоршу.*

**ОРШЫТ**= ет. *Ыршыту, секірту, шоршыту.*

**ОРШЫТУ** *Оршыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫЛ**= ет. **1.** *Егіннің, шөптің орақ, шалғы т.б. құралдармен шабылуы.* **2.** *Техникамен егін басылып, жиналу.*

**ОРЫЛУ** *Орыл етістігінің қимыл атауы; шабылу, кесілу.*

**ОРЫМ** зат. *Астық ору, шөп шабу ісі, орақ науқаны.*

**ОРЫН** зат. **1.** *Бір нәрсені қоятын, орналастыратын кеңістік; отыратын, тұратын, жататын жер.* **2.** *Бір нәрсенің баламасы, соған пара-парлығы.* **3.** *Бір нәрсені екінші нәрсемен салыстырғанда алатын қатары, реті.* **4.** *Бір нәрсенің реті, қисыны, жөні.* **5.** *Белгілі бір мәртебе, қызмет, дәреже, мансап.*

**Орны бөлек.** *Басқадан ерекше, жөні басқа.* **Орны біткен ескі жара.** *Қасіреті, күйігі басылған ескі әңгіме.* **Орны келгенде.** *Ыңғайы келгенде.* **Орныма егін [жуа, пияз] ек.** сөйл. *Кеткенімді қалап тұрса, жүргенімді жақтырмаса деген мағынада айтылады.* **Орнына келді.** *Өз қалыбына түсті, тәртіпке келді.* **Орнынан алды [алынды].** *Қызметінен түсірді.* **Орнынан босатылды.** *к і т а б и.* *Қызметінен кетті.* **Орнынан тұрғысыз етті.** *Қатты ұялтты, масқаралады.* **Орнынан түсті**. *Қызметінен босатылды, төмендетілді.* **Орнын басты.** *Орнына ие болды, орнын жоқтатпады.* **Орнын жапты.** *Кемін толтырды, аздығын білдірмеді.* **Орнын сипап [сипалап] қалды.** *Орнында жоқ болып шықты, таба алмай қалды.* **Орнын тапты.** *а) Сәтті орналасты, қалыптасты. ә) Теңін тауып, тұрмысқа шықты.* **Орнына жалғыз [қуыс] құрай.** сөйл. *Қолынан ештеңе келмейді, бары да, жоғы да бір.* **Орны толмас**. *Жоқтығы біліініп тұратын, бітпейтін.* **Орны үңірейді**. *Жоқтығы білінді, сезілді.* **Орын алды.** а) *Белгілі бір өзіндік сипатқа ие болды.* ә) *Қалыптасты, бекіді.* б) *Қандай да бір жарыс, сайыс т.б. жүлделі орынға ие болды. в) Өзіндік үлесі, маңызы болды.* г) жағымсыз. *Орнады, болды, өтті.* **Орын берді**. *Ығысып, отыруға мүмкіндік жасады.* **Орынға таласты.** *Сый-құрмет, атақ үшін бә- секелесті, қызмет орнына ала көз болды.* **Орын қағыспау.** *Орын таппау, орын теппеу.***Орын тепті.** а) *Бір жерге тұрақтады, қоныстанды, қалыптасты.* ә) *Қалыптасты, орын алды.*

**ОРЫНБАСАР** зат. *Мекеме, ұйым, ұжым бастығының бірінші көмекшісі, оның қызметін атқара алатын лауазым иесі.*

**ОРЫНБАСАРЛЫҚ** зат. *Орынбасар болушылық, орынбасар қызметін атқарушылық. // Орынбасарға тән, орынбасарға арналған.*

**ОРЫНБАСУШЫ** зат. хим. *Химиялық реакция кезінде басқа радикалдың немесе атомның орнын басушы радикал.*

**ОРЫНДА**= ет. **1.** *Белгілі бір істі, жұмысты атқару, аяқтау.* **2.** *Күй тарту, ән айту, белгілі бір рөлде ойнап, өнер көр- сету.*

**ОРЫНДАЛ**= ет. **1.** *Атқарылу, істелу.* **2.** *Ән айтылу, күй тартылу, өнер көрсетілу.* **3.** *Іске, жүзеге асырылу.*

**ОРЫНДАЛУ** *Орындал етістігінің қимыл атауы; іске асырылу.*

**ОРЫНДАС**= ет. *Іске асырысу, бірге орындау.*

**ОРЫНДАСУ** *Орындас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАТ**= ет. **1.** *Жүзеге асырту, айтқанын істету.* **2.** *Ән-күй тартқызу, өнер көрсету.*

**ОРЫНДАТҚЫЗ**= ет. *Істеткізу, атқартқызу.*

**ОРЫНДАТҚЫЗУ** *Орындатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАТТЫР**= ет. **1.** *Істеттіру, жасаттыру, жүзеге асыртқызу.* **2.** *Ән айттыру, өнер көрсеттіру.*

**ОРЫНДАТТЫРУ** *Орындаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАТУ** *Орындат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАТЫЛ**= ет. *Іс, жұмыс жасатылу.*

**ОРЫНДАТЫЛУ** *Орындатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАУ** *Орында етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫНДАУШЫ** зат. **1.** *Белгілі жұмысты атқарушы, істеуші.* **2.** *Ән, өлең-жыр, дастан, әдеби шығарманы айтушы, таратушы, күй шертуші, рөлде ойнаушы.*

**ОРЫНДАУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жұмысты істеушілік, атқарушылық.* **2.** *Ән, өлең-жыр, дастан, әдеби шығарманы айтушылық, таратушылық, күй шертіп, рөлде ойнаушылық.* **3.** *Мақсат, міндет, заң, талап т.б. жүзеге асырушылық.*

**ОРЫНДЫ** сын. **1.** *Орны бар.* **2.** *Жөнді, ретті, қисынды.*

**Орынды жерінде.** *Жөн болған жағдайда, ретті сәтінде, ыңғайы келгенде.*

**ОРЫНДЫҚ** зат. *Кісі отыруға арналған арқалығы бар үй жиһазының (бұйымының) бір түрі, отырғыш.*

**ОРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Орынды болушылық, реттілік.*

**ОРЫНДЫ-ОРЫНСЫЗ** сын. *Жөнді-жөнсіз, қисынды-қисынсыз, ретті-ретсіз.*

**ОРЫН-ОРНЫМЕН** үст. *Белгілі тәртіппен, жүйемен, жөнімен.*

**ОРЫН-ОРНЫНА** үст. **1.** *Өзі тұрған тиісті жеріне.* **2.** *Жөніне, ыңғайына, ретіне.*

**ОРЫНСАТПАҚ** зат. этн. ойын. *Белгілі бір шарт қойысып, ұтқан жағдайда қалаған адамның қасынан орын алуға құқы болатын ойынның бір түрі.*

**ОРЫНСЫЗ** сын. *Жөн-жосықсыз, ретсіз, қисынсыз.*

**ОРЫНСЫЗДАУ** сын. *Жөнсіздеу, қисынсыздау, ретсіздеу.*

**ОРЫНСЫЗДЫҚ** зат. *Жөнсіздік, қисынсыздық.*

**ОРЫНТАҚ** зат. **1.** *Арқалығы, шынтақтап отыратын таянышы бар үлкен, жайлы орындық.* **2.** ауыс. *Жоғары лауазымды орын, биліктің белгісі.*

**ОРЫНТАП** зат. этн. ойын. *Бір нәрсені жасырып, тығып ойнайтын балалар ойыны.*

**ОРЫНХАНА** зат. *Төсекжай тұратын бөлме.*

**ОРЫНША** үст. *Бәз-баяғы қалпында, өзгеріссіз.*

**ОРЫС** зат. *Негізінен Ресей Федерациясында ең көп тұратын байырғы және негізгі шығыс-славян халқы, ұлт; осы халықтың өкілі. // Орысқа қатысты, орысқа тән, орыстар шығарған.*

**Орыс әліпбиі.** лингв. *Кирил әліпбиі; ұлттық орыс тілінің жазба, баспа түрінде қолданылатын, 33 әріптен тұратын графикалық таңбалардың жиынтығы.* **Орыс кестесі**. қолөнер. *«Инені алға салу» әдісімен матаның түзу жібі бойымен тігетін кесте.* **Орыстың желісті жылқысы.** жылқышар. *Орлов биесі мен американ желісті айғырын будандастырудан алынған, орлов жылқысына қарағанда кішірек, тұрқы қысқа, шоқтығы биік, сирақты келген жылқы тұқымы.* **Орыс тіл білімі.** лингв. *Орыс тілі, оның тарихы және салалары, қазіргі жайы туралы ғылым.* **Орыс тілі.** лингв. *Славян тілдерінің ішіндегі шығыс славян тілдері тобына жататын, орыс халқының ұлттық тілі, халықаралық тілдердің бірі.*

**ОРЫП-НОҚ=** ет. *Қаріп-тоқу мағынасында.*

**ОРЫП-НОҚУ** *Орып-ноқ етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫС**= ет. *Бірге ору, оруға жәрдемдесу.*

**ОРЫСТАНДЫР=** ет. *Орыс ұлтына сіңдіру, ассимиляциялау.*

**ОРЫСТАНДЫРУ** зат. саяси-қоғ. *Орыс ұлтына сіңдіру, ассимиляциялау әрекеті.*

**Орыстандыру саясаты.** саяси.-қоғ. *Патшалық Ресей мен Кеңес Одағындағы халықтарды тілінен, дінінен, ұлттық болмысынан айырып, орыс ұлтына сіңіру, ассимиляциялау бағытында жүргізілген саясат.*

**ОРЫСТАНДЫРУ** *Орыстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСТАН**= ет. **1.** *Орыс ұлтына сіңу, араласу.* **2.** *Орысқа ұқсау.*

**ОРЫСТАНУ** зат. *Орыс ұлтына сіңу, ассимиляциялану үрдісі.*

**ОРЫСТАНУ** *Орыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСТЫҚ** сын. *Орыс халқына қатысты, орыс ұлтына байланысты.*

**ОРЫСТІЛДІ** сын. *Орысша оқып, тәрбиеленген, негізінен орыс тілінде сөйлейтін.*

**ОРЫСУ** *Орыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСША** үст. **1.** *Орыс тілінде.* **2.** *Орыс сияқ- ты, орысқа ұқсап.*

**ОРЫСШАЛА**= ет. **1.** *Орысшаға аудару.* **2.** *Орыс тілінде сөйлеу.* **3.** *Орыс мәнеріне салу.*

**ОРЫСШАЛАС**= ет. *Бір-бірімен орысша сөйлесу.*

**ОРЫСШАЛАСУ** *Орысшалас етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСШАЛАТ 1.** *Орыс тіліне аудару.* **2.** *Орыс мәнеріне салу, орысқа ұқсату.*

**ОРЫСШАЛАТУ** *Орысшалат етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСШАЛАУ** *Орысшала етістігінің қимыл атауы.*

**ОРЫСШЫЛ** сын. *Орысқа жақын, орысқа бейім тұратын.*

**ОРЫТ**= ет. сөйл. *Жүгіру, орғыту.*

**ОРЫТУ** *Орыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОС**= ет. **1.** *Қамшы, шыбық сияқты нәрселермен тартып жіберу, салып қалу.* **2.** *Өткір нәрсемен тіліп түсу.* **3.** ауыс. *Жанына қатты тию, бату, жаралау.*

**ОСАЛ** сын. **1.** *Күші аз, әлсіз.* **2.** *Салқылдақ, бос.*

**Осал жағын тапты.** *Кемшілік, кемшін тұсын дәл көрді.* **Осал жері.** *Әлсіз тұсы.* **Осал соқпады.** а) *Күш-қуаты кем түспеді.* ә) *Оңай болмады, қиынға түсті.* **Осал тұс.** *Әлсіз жері.*

**ОСАЛДА=** е т. **1.** *Мықтылығы, беріктігі кету, нашарлау.* **2.** *Күш-қуаты азаю.*

**ОСАЛДАН=** е т. *Әлсіздену, нашарлау.*

**ОСАЛДАНУ** *Осалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ОСАЛДАТ=** е т. *Нашарлату, сапасын төмендету.*

**ОСАЛДАТУ** *Осалдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОСАЛДАУ**[1] с ы н. **1.** *Күші аздау, әлсіздеу, нашарлау.* **2.** *Бостау, мықты, берік емес.*

**ОСАЛДАУ**[2] *Осалда етістігінің қимыл атауы.*

**ОСАЛДЫҚ** з а т . *Осал болушылық, әлсіздік.*

**ОСАЛ-ОҢДАҒАЙ** с ы н . *Әлсіз, нашар.*

**ОСАЛ-ОҢТОҒАЙ** з а т . *Бітім-болмысы нашар, оңай жасалған, қарапайым зат.*

**ОСАЛСЫТ=** е т. с ө й л . *Осал еткізу, бос қылу.*

**ОСАЛСЫТУ** *Осалсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ОСАРСОЛ** з а т . м е д . *Ішек қарынның жұқпалы ауруларына қарсы қолданылатын иіссіз, дәмсіз ақ ұнтақ дәрі.*

**ОСЕМЕНАТОР** о р. з а т . в е т . *Малды қолдан ұрықтандыратын маман.*

**ОСЕМЕНАТОРЛЫҚ** з а т . в е т . *Малды қолдан ұрықтандырушылық.*

**ОСЕТИН** з а т . *Солтүстік Осетин Респуб- ликасының негізгі тұрғын халқы, ұлт; осы ұлт- тың өкілі.*

**Осетин тілі.** л и н г в . *Иран тілдерінің шығыс тобына жататын Осетия тұрғындарының тілі.*

**ОСҚЫЗ=** е т. *Остыру, қамшымен тартып жіберу.*

**ОСҚЫЗУ** *Осқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫЛА=** е т. **1.** *Бір нәрсемен осып-осып жіберу.* **2.** *Өткір нәрсемен бірнеше қайтара сойып түсу.*

**ОСҚЫЛАН=** е т. *Өткір нәрсемен тіліну, со- йылу.*

**ОСҚЫЛАНУ** *Осқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫЛАТ**[1]**=** е т. *Қайта-қайта осқызу.*

**ОСҚЫЛАТ**[2]**=** е т. с ө й л . ***Ысқылат.***

**ОСҚЫЛАТУ**[1] *Осқылат*[1] *етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта осқызу.*

**ОСҚЫЛАТУ**[2] *Осқылат*[2] *етістігінің қимыл атауы; ысқылату.*

**ОСҚЫЛАУ** *Осқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫН** з а т . *Екпін, пәрмен, күш.*

**ОСҚЫР=** е т. *Жылқы малының бір нәрседен шошынып, қатты пысқыруы, үркуі.*

**ОСҚЫРТ=** е т. *Пысқырық ату.*

**ОСҚЫРТУ** *Осқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫРУ** *Осқыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫРЫҚ** з а т . *Осқырған үн, дыбыс.*

**ОСҚЫРЫН=** е т. *Үрку, пысқырыну.*

**ОСҚЫРЫНУ** *Осқырын етістігінің қимыл атауы.*

**ОСҚЫРЫС=** е т. *Қайта-қайта дем шығарып, бірдей, кезектес пысқырыну.*

**ОСҚЫРЫСУ** *Осқырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОСМА** з а т . б о т . *Қасты өсіру әрі қарайтып әдемі көрсету үшін жапырақтарын езіп пайдаланылатын шөп және осы шөптен дайындалған бояу.*

**Осма қойды.** *Қасына осма жақты.*

**ОСМАН**[1] з а т . *Түрік сұлтандары әулетінің негізін салушы I Осман атымен аталып кеткен Түркияның негізгі халқының ескі атауы.*

**ОСМАН**[2] [лат. diptychus] з а т . з о о л . *Уылдырығы жеуге жарамайтын ірі балық.*

**ОСМАНИЗМ** з а т . *19 ғ. аяқ шенінде жас түріктер негізін қалаған Осман империясындағы саяси доктрина, оттоманизм.*

**ОСМАНША** с ы н . *Осман тілінде, османша.*

**ОСМАТТАР** з а т . х и м . *Осмий қышқылының* $H_2OSO_4$ *тұздары.*

**ОСМИЙ** [грек. osmē] з а т . м и н. *Менделеевтің периодты системасының VIII тобындағы, рет нөмірі 76, атом массасы 190,2 химиялық элемент (OS); платина тобына жататын дүниедегі ең ауыр металл.*

**ОСМОС** з а т . х и м . *Концентрациялары әртүрлі екі ерітіндіні немесе таза еріткіш пен ерітіндіні бөліп тұратын жартылай өткізгіш жарғақ арқылы болатын еріткіштің диффузиясы.*

**ОСМОСТЫҚ: осмостық қысым.** ф и з . *Ерітіндінің таза еріткішпен жанасқанда еріген зат пен еріткіш молекулаларының қарама-қарсы диффузиясы салдарынан өз концентрациясын төмендетуге бағытталған көрсеткіш.*

**Осмостық реттелу.** *Жануарлар ағзасының ішкі ортасының салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз ететін физикалық-химиялық үрдістер жиынтығы.*

**ОСПАДАР** с ы н . *Өрескел, ожар, ұрда жық мінезді (адам).*

**ОСПАДАРЛАН=** е т. *Ұрда жық мінез көрсету, дөрекілік істеу.*

**ОСПАДАРЛАНУ** *Оспадарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОСПАДАРЛАУ** с ы н . *Өрескел мінезділеу, тұрпайылау.*

**ОСПАДАРЛЫҚ** з а т . *Тұрпайы қылық, дөрекілік, өрескелдік.*

**ОСПАДАРСЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Оспадар.***

**ОСПАДАРСЫЗДАУ** с ы н . *Сөлекеттеу, оғаштау, дөрекілеу.*

**ОСПАДАРСЫЗДЫҚ** з а т . *Жөнсіздік, сөлекеттік, тұрпайылық, дөрекілік.*

**ОСПАҚ** з а т . *Тура айтпай, тұспалдап, астарлап сөйлеген сөз, тұспал.*

**ОСПАҚСЫЗ** с ы н . *Ешқандай астарсыз, тура.*

**ОСПАҚТА=** е т. **1.** *Астарлай айту, жұмбақтап сөйлеу.* **2.** *Әзілдеу, қалжыңдау.*

**ОСПАҚТАС=** е т. *Астарлап, жұмбақтап сөй- лесу.*

**ОСПАҚТАСУ** *Оспақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ОСПАҚТАТ=** е т. *Астарлатып сөйлеу, жұмбақтату.*

**ОСПАҚТАТУ** *Оспақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ОСПАҚТАУ** *Оспақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОСПАҚТАУШЫ** з а т . *Оспақ сөз айтушы.*

**ОСПАҚШЫЛ** с ы н . *Оспаққа жаны құмар, оспақ айтатын әзілқой (адам).*

**ОСТЕО...** *Мағынасы сүйекке, сүйек ұлпаларына тән е күрделі сөздердің алғашқы сыңары.*

**ОСТЕОЛОГИЯ** [грек. osteon – сүйек, logos – ілім] з а т . а н а т . *Анатомияның адамның сүйек қаңқаларын зерттейтін бөлімі.*

**ОСТЕОМА** [грек. osteon – сүйек, лат. oma – ісік] з а т . м е д . *Сүйек ұлпаларынан пайда болатын қатерсіз ісік.*

**ОСТЕОМИЕЛИТ** [грек. osteon – сүйек, myelos – ми және itis – қабыну] з а т . м е д . *Жілік майы немесе сүйек қабынып кететін ауру; сүйекте болатын зәрлі ісік.*

**ОСТЕОМАЛЯЦИЯ** з а т . б и о л . *Ағзада ізбес тұздарының жеткіліксіздігінен сүйектің жұмсаруы.*

**ОСТЕОМИЭЛИТ** [грек. osteon – сүйек, myelos – ми] з а т . б и о л . *Көбінесе микробтар енуінен болатын, сүйек майының қабынуы.*

**ОСТЕОН** [грек. osteon] з а т . а н а т . *Қаңқа сүйектері тығыз сүйек затының негізгі құрылымдық бірлігі.*

**ОСТЕОПАТ** з а т . м е д . *Остеопатия саласының маманы, дәрігер.*

**ОСТЕОПАТИЯ** [osteopathy] з а т . м е д . *Қан айналымының, ішкі органдардың дұрыс жұмыс істеуін қалпына келтіру мақсатында адам денесін қолмен жұмсақ уқалау, заманауи медицина бағыты.*

**ОСТЕОХОНДРОЗ** [грек. osteon – сүйек, chondros – шеміршек] з а т . м е д . *Сүйектердің буын араларына минералды тұз жиналатын ауру.*

**ОСТЕРТАГИОЗ** [грек. ostertagiosis] з а т . в е т. *Күйіс қайыратын малда жұмыр құрттар қоздыратын кесел.*

**ОСТИТ** з а т . м е д . *Сүйек ұлпаларының қабынуы.*

**ОСТРАКИЗМ** [грек. ostrakismos] з а т . **1.** *Құдалаушылық, қуғыншылық, аластаушылық.* **2.** *Ежелгі Грекияда мемлекетке қарсы шыққан, қауіп төндіретін азаматтарды аты жазылған сынықтар арқылы жасырын дауыс беріп, елден аластау.*

**ОСТРАКОДЕРМАЛАР** з а т . п а л е о н. *Денесі бүркеме сүйекшелерден тұратын қатты сауытшамен көмкерілген қарапайым жақсыз омыртқалы жәндіктердің жалпылама атауы.*

**ОСТЫР=** е т. *Осқызу, бір нәрсемен ұрып тілдіру.*

**ОСТЫРТ=** е т. *Ұрып тілдірту.*

**ОСТЫРТУ** *Остырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОСТЫРУ** *Остыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОСУ** *Ос етістігінің қимыл атауы.*

**ОСЦИЛЛОГРАММА** [лат. oscillum – тербелемін, грек. gramma – жазу таңбасы] з а т . ф и з. *Осциллографтың экранында немесе таспасында алынған зерттелмекші шамалардың лездік мәндерінің уақыт өзгерісіне сәйкес жазылып алынған кескін.*

**ОСЦИЛЛОГРАФ** [лат. oscill – тербелемін, грек. grapho – жазамын] з а т . ф и з. **1.** *Дыбыс толқындарын қабылдайтын, жазатын және суретін түсіретін техникалық құрал.* **2.** *Екі электрлік шаманың арасындағы тәуелділікті білдіретін қисықты бақылауға және жазуға арналған электр өлшеуіш құрал.*

**ОСЦИЛЛОГРАФИЯ** з а т . ф и з . *Осциллограф құралымен дыбыс тербелістерін зерттеу ғылымы.*

**ОСЦИЛЛОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н . ф и з . *Осциллографияға қатысты, осциллографиямен байланысты.*

**Осциллографиялық түтік.** ф и з . *Электрон-сәулелік осциллографтың негізгі элементі; электр белгілерін көрінетін графиктік кескінге түрлендіруге арналған электрон-сәулелік құрал.*

**ОСЦИЛЛЯТОР** [лат. oscillare] з а т . ф и з . *Механикалық, электрмагниттік т.б. тербелістер жасайтын физикалық жүйе.*

**ОСЫ** е с і м . **1.** *Мына, бұл. // Жақында ғана.* **2.** *Дәл сол.* **3.** с ө й л . *Күмәнданып,*

*күдіктене бірнәрсеге көзі жетіңкіремей тұрғанда айтылатын сөз.*

**Осы біреудей.** *Қайбір, осы бір адамдай, қандай да бір адамдардай.* **Осы дүниеде.** *Мына жарық дүниеде, жер басып тірі жүрген шақта.* **Осы жолғыдай.** *Осы кездегідей, дәл бүгінгідей.* **Осы жолы.** *Осы кезекте, осы ыңғайда.* **Осы заманғы.** *Осы уақыттағы, қазіргі кездегі.* **Осы кезде.** *Бүгінде, осы уақытта, бұл шақта.* **Осы күн [күнде].** *Қазіргі кезде, бұл заманда.* **Осы күнгі.** *Бүгінгі.* **Осы мезетте.** *Осы кезде, сол сәтте.* **Осы ретте.** *Бұл орайда, осыған байланысты.* **Осы шақ.** лингв. *Іс-әрекеттің сөйлеп тұрған кезде болатынын не болып жатқанын білдіретін етістік шағы.*

**ОСЫЛ**= ет. **1.** *Тіліну, сойылу.* **2.** ауыс. *Жаралану, жарақаттану.*

**ОСЫЛАЙ** үст. *Бұлай, өстіп.*

**ОСЫЛАЙША** үст. *Бұлай етіп, осылай етіп.*

**ОСЫЛТ**= ет. *Тілгілеу, кескілеу.*

**ОСЫЛТУ** *Осылт етістігінің қимыл атауы.*

**ОСЫЛУ** *Осыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОСЫНАУ** есім. поэт. ***Осы.***

**ОСЫНДА** үст. *Қимылдың орнын, мекенін білдіретін мекендік үстеу.*

**ОСЫНДАҒЫ** үст. *Осы жердегі.*

**ОСЫНДАЙ** сын. *Осы сияқты, осыған ұқ- сас.*

**ОСЫНДАЙДА** үст. *Осы уақытта, осындай кезде деген мағынаны білдіретін мезгіл үстеу.*

**ОСЫНДАЙША** үст. *Осы тәрізді, осыған ұқсас.*

**ОСЫНША** үст. *Осындай, осы деген мағынадағы мөлшер үстеу.*

**ОСЫНШАЛЫҚ** үст. *Осыншама, соншама.*

**ОСЫНШАЛЫҚТЫ** үст. *Осыншама, сондайлықты, соншалықты.*

**ОСЫНШАМА** үст. *Осы сияқты, осындай, соншама.*

**ОСЫР**= ет. қарап. *Арттан жел шығару.*

**Осырған сиырдай қылды [етті].** *Әбден ұялтты, масқаралады.* **Осырған сиырдай қылды.** *Мүйіздеді, мүшектеді.*

**ОСЫРАҚ** сын. *Арттан жел жіберген (адам, мал).*

**ОСЫРУ** *Осыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОСЬ** зат. **1.** тех. *Механизмдердің, мәшинелердің айналатын бөлшектерін ұстайтын өзек.* **2.** матем. *Бағыты көрсетілген түзу сызық.*

**ОСЬТІК** сын. матем. *Осі бар, осі белгіленген.*

**Осьтік күш.** металлург. *Таужыныстар массивін бұзу кезінде оған құрал-саймандардың енуіне кедергі жасайтын күш.*

**ОТ**[1] зат. **1.** *Ағаш, көмір, газ, мұнай т.б. түрлі материалдардың жарық пен аса күшті қызуды шығарып жанып, алаулаған жалыны.* **2.** ауыс. *Күш-қуат, жігер, қайрат, қажыр.* **3.** ауыс. *Әсер, зардап.*

**От ала келгендей.** *Өте асығыс, тығыз.* **От ала келді.** *Өте асығыс.* **От алғалы тұр.** *Бәле іздеуге, бүлдіруге дайын тұр.* **От алғызды.** *Техниканы от күшімен қозғалысқа келтірді.* **От алыпораққа түсті.** *Ештеңеден тайынбады.* **От ауызды [от ауызды, орақ тісті].** *Өткір тілді, ділмар, шешен.* **От басты [басып алды].** *Жаңсақ кетті, жаңылды.* **От басып алғандай.** *Қатты шошынып, ыршып түсті.* **От берді [қойды, салды].** а) *Желік берді, өшіктірді.* ә) *Жігер берді, рухтандырды.* **От боп жанды [күйді].** *Ғашық болды, дымы құрып, не істерін білмеді.* **От бүркіті.** а) *Ыстық леп дерді, жалын шашты.* ә) поэт. *Жұлдыздар жылтырады.* **От еді.** *Барынша әділ, қатал деген мағынада.* **От екпінді.** *Жалынды, жанып тұрған от секілді, лаулаған ыстық.* **От жағып, күл шығарды [су тасыды].** *Тынбады, үй ішінің тіршілігімен айналысты.* **От жақ.** *Қазан-ошақ тұсы.* **От жақты.** *Үйді жылыту, тамақ пісіру үшін ки, көмір, ағашпен пешті тұтатты.* **От жалындай.** а) *Өткір, өжет.* ә) *Күйдіріп-жандырарлық, өртерлік.* **От жамылды.** *Қан майданда, қырғын соғыста болды.* **От жүрек.** а) *Еш нәрседен қорықпайтын, батыл.* ә) *Ынтызарлық.* **От жігіт.** *Қызба, жанып тұратын істі, ойнына алған нәрсені лезде орындағысы келіп тұратын жігіт.* **От кешті.** *Соғысқа барды, қан майданда болды.* **От кешіп, мұз төсенді.** *Өмірдің ащы-тұщысын көп көрді, азап шекті, қорлық көрді.* **От киіз.** этн. *Киіз үйдің төрінен от басына дейін жететін сырмақ, әшекейлі киіз.* **От көзді.** *Жанары өткір, айбатты.* **От көсеу.** *Өршіту асқындыру, асқындыру.* **Отқа бір, суға бір салды.** *Ыстығына күйдірді, суығына тоңдырды; азап шектірді.* **Отқа итерді.** *Пәлеге түрткпектеді.* **Отқа күймейтін, суға батпайтын [отқа салса жанбайды, суға салса батпайды].** *Жаны сірі, мықты.* **Отқа күйіп, суға батуға бар.** *Нендей қиыншылық болса да көнуге, жанын пида етуге дайын.* **Отқа қақтанды.** сөйл. *Қыздырынды, жылынды.* **Отқа қарап қалды.** *Кедейлену, шаруасы күйреу мағынасында (ішерге ас таппады, ашықты).* **Отқа май құйды.** а) этн. *Жаңа түскен келін алғаш босағаны аттарда жасалатын ырым.* ә) *Дау-дамайлы жайды өршіте, қоздыра түсті, жел берді.* **Отқа май құю.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында күйеу қалыңдығын алып қайтуға барғанда қайын атасының үйінде, ал жаңа түскен келін қайын атасының үйіне келгенде ошақтағы отқа май салу түрінде От анаға, Май анаға бағышталып орындалатын ырым.* **Отқа май салар.** этн. *Отқа май құйғанда жасалатын кәде.* **Отқа оранып, суға түсті.** бейн. *Азап көрді, қиналды.* **Отқа оралып, суға сүрінбе!** *Пәле-жаладан аулақ бол деген тілек.* **Отқа оранды.** а) *Өртенді, өрт шалды.* ә) бейн. *Азаптанды, психикалық қарама-қарсы көңіл күй сезімдеріне салынды.* **От қарыды.** а) *Күйдірді, жалын шалды.* ә) *Тауы шағылды, жігері жасыды.* б) *Асау, албырт сезім лап етті.* **Отқа салды.** *Азап тартқызды, қинады, қиыншылық көрсетті.* **Отқа табынды [шоқынды].** көне. *Отты пір тұтып, соған сиынды.* **Отқа төзімділік.** құр. *Құрылыс конструкцияларының пайдалануға қажетті сапасынан айырылмай отқа төзу қабілеті.* **Отқа төзімді материалдар.** құр. *Отқа төзімділік қасиеті бар заттардан жасалған материалдар мен бұйымдардың жалпы атауы.* **Отқа түсті.** а) *Біреу үшін азаптанды, жанын пида етті.* ә) *Жанын аямады, қиын іске барды.* **Отқа ұмтылған көбелектей болды.** *Жылтырағанға қызығып елірді, есерленді.* **Отқа шақыру.** этн. *Босанған әйелді туыс жақындары мен көрші-қолаңдары сыйлап шақырып беретін сыйлы ас.* **От құшағына оранды.** *Оттың (оқтың) ішінде қалды.* **От құшты.** *Жанын аямады, өлімге басын тікті.* **От ортасы.** *Қырғын соғыс, кескілескен ұрыс.* **От орнындай.** *Аумақты, көлемді деген мағынада.* **Отпен аластау.** этн. *Тіл-көз тиіп ауырған адамды отпен үш қайтара басынан айналдырып ұшықтау.* **Отпен бұрғылау.** кен. *Ракета тектес арнаулы шілтерден дыбыс жылдамдығынан жоғары жылдамдықпен атқып шыққан жоғары температурадағы жанған газдың ағысын пайдаланып бұрғылау.* **Отпен қопару.** кен. *Қопарғыш заттардың зарядын от жүргізгіш жіп немесе капсюльдетонатор арқылы құрылыста, тау-кен ісінде, гидротехникалық жұмыстарда т.б. қолданылатын біртіндеп қопару тәсілі.* **Отпен ойнады.** *Қауіп-қатерге ұрынды, соқтықты.* **От пен судан қашпады.** *Неден болса да бас тартпады, тәуелкелге бел буды.* **От пен суды айырмады.** *Оң-солын танымады, жақсы мен жаманды ажыратпады.* **От пен судың арасында.** *Қауіп-қатер, ажал үстінде.* **Отпен тазарту.** хим. *Анод пешінде ауа оттекпен үрлеу арқылы мысты тазалау.* **Отпен шарпу.** *Бір нәрсенің (матаның, терінің) сыртқы, түкті қабатын отпен күйдіру, тазалау, үйіту.* **От сабау.** этн. *Біреудің отының басына (үйіне) келіп жанжал шығару, ұрсып, жеку арқылы айтқанын орындату.* **От салды [жақты, тастады, түтатты, шығарды].** *Бірді-бірге айдап салды, шағыстырды, араздастырды.* **Оттан алып, суға салып.** *Немқұрайды дайындалған тамақ туралы.* **Оттары жымыңдайды.** *Ел жатпаған, ояу мағынасында.* **От тастады.** а) *Рухын көтерді, қанын қыздырды.* ә) *Араларын өшіктірді, шағыстырды.* **Оттың басы.** *а) От жағатын жердің маңы, айналасы. ә) Үй іші, жанұя.* **От шайнап, мұз [шоқ] бүрікті.** *Өмірдің қиын, ауыр кезеңін көрді, бейнетке көнді.* **От шашты.** а) *Жалын атты, алаулады.* ә) *Мылтық атылды, от жаудырды.* б) *Жарқырады, жалындады.* в) *Найзағай ойнады, жарқылдады.* **От шықты.** *Бүлік, жанжал пайда болды.* **Оты азайды.** *Күш-қуаты кеміді.* **Оты бетіне атып [шығып] тұр.** *Аққөңіл, құлпырып тұр.* **Отымен кіріп, күлімен [күлмен] шықты.** көне. а) *Есікте жүрді, күң болды.* ә) *Бар үй бейнетін, түз бейнетін арқалады; бар ауыртпалықты көтерді.* **Отымның алды, суымның тұнығы.** *Тұңғыш, алғашқы перзент.* **Отына күйді.** *Азабына түсті, қиналды.* **Отын өшірді.** *Ошағын ойрандап, берекесін кетірді; жігерін құм қылды.* **Отын тұтатты [жақты, үрледі].** *Бір нәрсенің алғашқы бастамасы болды.* **Отының басын билей алмады.** *Шаңырағына ие бола алмады, отбасында сөзін өткізе алмады, қадірсіз болды.* **Отыңның басы ойнақты болсын, қораңның іші торпақты болсын!** алғ. *Отбасың бала-шағалы, қораң төлді болсын деген мағынадағы тілек-бата.* **Отың сөнбесін!** тілек. *Бақытың жансын, өркендеп өсе бер!* **Оты өре жанбайды.** *Ілгері баспайды, жолы болмайды, өрісі кеңеймейді деген мағынада.* **Оты өшпеді.** *Аты ұмытылмады, шаңырағы иесіз қалмады.* **Оты тұтанбаған [жанбаған].** а) *Үйленіп, үйлі-баранды болып, шаңырақ көтермеген.* ә) *Ісі ілгері баспаған, талабы кері кеткен.*

**ОТ**[2] зат. *Малға азық боларлық шөп.*

**Отқа жіберді [қойды].** *Жайылымға жіберді.* **Оттан қалды.** *Шөп жей алмады, жайылмады.* **Оты қанды.** *Көп жайылып, әбден тойынды.* **Оты қашты.** *Жердің шөбі таусылды.* **Отын оттап, суын ішті [су сулады].** *Біреудің жерін мекендеді; бас паналады, арқа сүйеп кү- нелтті.*

**ОТА**[1]= ет. **1.** *Дәнді-дақылды, жеміс-жидекті арам шөптерден тазарту, арылту.* **2.** ауыс. *Қырып жою, жоқ қылу, құрту.*

**Отаған бұтадай.** *Жаппай, бірі қалмай түгел (қырылды).*

**ОТА**[2] =ет. сөйл. *Сыртқы жара, ісік ауруларын пышақ жұмсап емдеу.*

**ОТАҒАСЫ** зат. **1.** *Шаңырақтың иесі, әке; беделді, жасы үлкен ер кісі.* **2.** этн. экспр. *Үй иесі, жасы үлкен ер адамды құрмет тұту мағынасында зайыбы тарапынан айтылатын қаратпа атауыш.*

**ОТАЙ**= ет. *Жердің шөбі қаулап шығу, молаю, құнарлану.*

**ОТАЙТ**= ет. *Шөпті қаулату, молайту.*

**ОТАЙТУ** *Отайт етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАҚ** зат. **1.** *Егін арасына шыққан арам шөпті құрту шарасы.* **2.** сөйл. *Егін арасына шыққан арам шөп.*

**ОТАҚТА**= ет. *Арам шөпті құрту, жұлу.*

**ОТАҚТАЛ**= ет. сөйл. *Жұлыну, құртылу.*

**ОТАҚТАЛУ** *Отақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАҚТАУ** *Отақта етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАҚШЫ** зат. *Егінді арам шөптен тазартушы, отаққа қатысушы.*

**ОТАЛ**[1]= ет. **1.** *Тазартылу, жұлыну, арылту.* **2.** ауыс. *Қырылып-жойылу, құртылу.*

**ОТАЛ**[2]= ет. *Мотордың жанармайды тұтату негізінде іске қосылуы.*

**ОТАЛДЫР**= ет. *Жанармайды тұтату негізінде техника моторын іске қостыру.*

**ОТАЛДЫРҒЫШ: оталдырғыш құрам.** хим. *Оқ-дәріні, қатты ракета отынын, пиротехникалық құралдарды оталдыратын қоспа.*

**ОТАЛДЫРУ** *Оталдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАЛУ** зат. тех. *Ауа қоспаларының сұйық (немесе қатты заттардың) буымен оталғыштық қасиеті.*

**ОТАЛУ**[1] *Отал етістігінің қимыл атауы; іске қосылу.*

**ОТАЛУ**[2] *Отал етістігінің қимыл атауы; тазартылу, жұлыну.*

**ОТАМАЛЫ**[1] зат. этн. *Көктемнің бас кезіндегі ауа райының ең жайсыз мерзімі.*

**ОТАМАЛЫ**[2] сын. *Арам шөбін отауды қажет ететін, оталуға тиісті, оталатын.*

**Отамалы дақыл.** егіншар. *Тамырын қалдырып, сабағынан бастап жиналып, оталып алатын дақылдар.*

**ОТАМАН** зат. көне. *Орта ғасырларда белгілі бір топтың басшысы; атаман.*

**ОТАН** [ар. وطن] зат. **1.** *Адамның туып-өскен жері, атамекені, өзі азаматы болып табылатын елі.* **2.** ауыс. *Үй іші, отбасы, үйелмен.* **3.** ауыс. *Жаңалықтар ашылған, өнертабыстар дүниеге келген жер.*

**Отанға опасыздық**. заң. *Мемлекеттің тәуелсіздігіне, территориясының тұтастығына залал келтіру сияқты қасақана жасалған қылмыстардың бір түрі.* **Отан қылды.** *Мекендеді, жаз жайлап, қыс қыстады.* **Отан соғысы.** *Отан үшін болатын әділетті соғыс.* **Отан соғысы ордені.** тар. совет. *Отан соғысында ерлік көрсеткен жауынгерлер мен офицерлерге берілетін екі дәрежелі орден.*

**ОТАНА** зат. **1.** *Отбасының отын түтетіп, ұстап отырған жасы үлкен әйел адам.* **2.** этн. миф. *Әйелді, отбасын зиянды, сыртқы күштерден қорғайтын Әйел Құдай.*

**ОТАНДАС** сын. *Отаны бір, бір отанда өмір сүретін. // Отаны бір адам.*

**ОТАНДАС**= ет. *Бірге өмір сүру, тұрмыс құру.*

**ОТАНДАСУ** *Отандас етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАНДЫҚ** сын. *Отанға тән, отанға қатысты.*

**ОТАНЖАНДЫ** сын. *Отанын сүйгіш, елжанды.*

**ОТАНЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Отансүйгіштік, елжандылық.*

**ОТАНСҮЙГІШ** сын. *Отанын сүйгіш, елжанды, отаншыл.*

**ОТАНСҮЙГІШТІК** зат. *Туған елді, туған жерді сүю, қадірлеу, қастерлеу қасиеті, отаншылдық.*

**ОТАНСЫЗ** сын. **1.** *Отаны жоқ, мекенсіз.* **2.** ауыс. *Опасыз, сатқын.*

**ОТАНСЫЗДЫҚ** зат. *Отаны болмау- шылық, Отаны жоқтық.*

**ОТАНШЫЛ** сын. *Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын, шын берілген (адам).*

**ОТАНШЫЛДЫҚ** зат. *Отанды сүюшілік, отаншыл болушылық.*

**Отаншылдық рух.** *Отанына деген патриоттық, жоғары сезім.*

**ОТАР**[1] зат. **1.** *Бөлек бағылатын бір қора қой.* **2.** *Мал бағылатын жайылым.*

**ОТАР**[2] зат. саяси. <лат. colonia> *Саяси және экономикалық тәуелсіздігінен айырылған, басқа мемлекеттердің қанауындағы арнайы тәртіп негізінде басқарылатын ел немесе аумақ.*

**ОТАРБА** зат. ескі. **1.** ***Паравоз*** *(рельсті теміржолда бу күшімен жүретін дөңгелекті локомотивтің бір түрі).* **2.** тар. *Пойыздың ең алғашқы қазақша аты.*

**ОТАРБАЛЫ** сын. *Отарбасы бар, отарба жүретін.*

**ОТАРЛА**[1]= ет. *Малды жайылымға топтап жаю, отар-отар етіп бағу.*

**ОТАРЛА**[2]= ет. қоғ.-саяси. *Бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне тәуелді етуі, бодан ету; езу, қанау.*

**ОТАРЛАН**= ет. *Тәуелсіздігінен айырылып, басқа мемлекетке бодан болу, отарына айналу.*

**ОТАРЛАНДЫР**= ет. *Тәуелсіздендіру, бодан ету.*

**ОТАРЛАНДЫРУ** *Отарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРЛАНУ** *Отарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРЛАНУШЫ** зат. *Отарға айналған ел.*

**ОТАРЛАС** сын. *Бір отарға жататын, отары бір.*

**ОТАРЛАТ**= ет. *Малды жайылымға топтап жайғызу, отар-отар етіп баққызу.*

**ОТАРЛАТУ** *Отарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРЛАУ** зат. **1.** <лат. colonia> *Өз елінің шет және елсіз аймақтарын игеріп, қоныстану.* **2.** *Өз елінен өзге жерлерде тұрақтар салуы, өзге аумақтарды басып алу әрекеті.*

**Отарлау саясаты.** саяси. *Өктем елдің басқа елді өзіне тәуелді ету, қол астына кіргізуге бағытталған қанаушылық мақсаттарды көздейтін іс-қимыл, айла-тәсілдер кешені.*

**ОТАРЛАУ** *Отарла етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРЛАУШЫ** зат. *Бір елді өзіне бағыныштты ұстаушы, отар етуші.*

**ОТАРЛАУШЫЛЫҚ** сын. *Отар етушілік.*

**ОТАРЛЫ**[1] сын. *Қоралы қойы бар.*

**ОТАРЛЫ**[2] сын. *Өзіне тәуелді, бодан елі бар.*

**ОТАРЛЫҚ**[1] сын. *Отар қойға тән (сипат).*

**ОТАРЛЫҚ**[2] сын. саяси. *Отарлау саясатына қатысты, отарлаумен байланысты (іс).*

**Отарлық езгі.** саяси. *Өктем, күшті, қарулы мемлекеттің әлсіз, жаңа елді бодауына алушылығы, экономикалық т.б. қанаушылығы.*

**ОТАРЛЫҚСЫЗДАН=** ет. сөйл. ***Отарсыздан.***

**ОТАРЛЫҚСЫЗДАНУ** зат. сөйл. ***Отарсыздану.***

**ОТАРЛЫҚСЫЗДАНУ** *Отарлықсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАР-ОТАР** сын. *Қора-қора, бірнеше отар.*

**ОТАРСЫЗ** сын. *Отары жоқ.*

**ОТАРСЫЗДАН=** ет. *Отарлық бұғаудан босап, тәуелсіздікке ойысу.*

**ОТАРСЫЗДАНДЫР=** ет. *Отар болудан құтқару, отарлықтан босаттыру.*

**ОТАРСЫЗДАНДЫРУ** *Отарсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРСЫЗДАНУ**[1] зат. саяси. *Отарлық бұғаудан, отарлау саясатынан босап, тәуелсіздікке ойысу әрекеті.*

**ОТАРСЫЗДАНУ**[2] *Отарсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАРШЫ** зат. *Бір елді өзіне тәуелді етуші, отарлаушы.*

**ОТАРШЫЛ** сын. *Өзіне тәуелді етіп, бағындыруға бейім, отарлауға құмар.*

**ОТАРШЫЛДЫҚ** зат. *Тәуелді етушілік іс-әрекет, отар етіп билеушілік. // Отаршыл, тәуелді етуші.*

**Отаршылдық саясат.** *Отарлау саясаты.*

**ОТАРШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Отаршылдық.***

**Отаршылық соғыс.** саяси. *Басқа халықтарды саяси, экономикалық дербестігінен айырып, өз үстемдігін орнату мақсатында шетел мемлекеттері жүргізген әскери қимылдар.*

**ОТАС**[1]= ет. **1.** *Арам шөптерден тазартысу, бірге отау.* **2.** ауыс. *Қырып-жойысу, құртысу.*

**ОТАС**[2]= ет. *Ерлі-зайыпты болып, бірге өмір сүру, үй болу.*

**ОТАСТЫР**= ет. *Қосу, үйлендіру.*

**ОТАСТЫРУ** *Отастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАСУ**[1] *Отас[1] етістігінің қимыл атауы; арам шөптерді бірге отау.*

**ОТАСУ**[2] *Отас[2] етістігінің қимыл атауы; ерлі-зайыпты болу, үй болу.*

**ОТАТ**= ет. *Арам шөптен тазарту, шөптету.*

**ОТАТҚЫЗ**= ет. *Арам шөптен тазартқызу, шөптеткізу.*

**ОТАТҚЫЗУ** *Отатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАТТЫР**= ет. *Арам шөптен тазарттыру, шөптеттіру.*

**ОТАТТЫРУ** *Отаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАТУ** *Отат етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАУ**[1] зат. этн. *Ұлға енші беріп, бөлек шығарғандағы үй; кіші үй.*

**Отауға салды**. көне. *Екі жасты кездестірді.* **Отау иесі.** *Үйленген, зайыбы бар, жеке шаңырақ иесі.* **Отау көтерді.** а) *Жеке бөлініп шықты.* ә) *Үй тікті, қоныс қонды.* б) *Үйленді, келіншек алды.* **Отау құрды.** *Үйленді, үй болды.* **Отау құтты болсын!** этн. тілек. *Баласына енші беріп, бөлек үй тұрғызғанда айтылатын тілек.* **Отау түсті.** а) *Өз алдына үй болды, шаңырақ көтерді.* ә) *Жеке бөлінді, іргє қалады.* **Отау тікті.** а) *Өз алдына жеке үй болды, шаңырақ көтерді.* ә) *Өз алдына ел, жұрт болды.* **Отау үй.** этн. *Қыз әкесінің ұзатылған қызына тіккен үй (көрпе-төсек, үй жабдығымен қоса).* **Отау шаруа.** *Кішігірім, болар-болмас, азын-аулақ шаруа.*

**ОТАУ**[2] зат. этн. спорт. *Қазақтың ұлттық ойыны – тоғызқұмалақтың әрбір ұясы.*

**ОТАУ**[3] *Ота етістігінің қимыл атауы; арам шөптен тазарту, шөптеу.*

**ОТАУДАЙ** сын. *Отау сияқты, отау тә- різді.*

**ОТАУЖАБАР** зат. этн. *Күйеудің шешесінен келіннің отауын тігіскен әйелдердің алатын кәдесі.*

**ОТАУЛА=** е т. э т н. *Ұзатылатын қыздың жүгін, отауын жасау, әзірлеу.*

**ОТАУЛАН**[1]**=** е т. *Отау етіп шығарылу.*

**ОТАУЛАН**[2]**=** е т. *Кермек тату, тамақты қырнау.*

**ОТАУЛАНУ**[1] *Отаулан*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАУЛАНУ**[2] *Отаулан етістігінің қимыл атауы; тамақты қырнау.*

**ОТАУЛАТ=** е т. *Отау етіп шығарту.*

**ОТАУЛАТУ** *Отаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАУЛАУ** *Отаула етістігінің қимыл атауы.*

**ОТАУЛЫ** с ы н. **1.** *Отауы бар, бай, бар жерлік.* **2.** *Отау болып, бөлек шыққан.*

**ОТАУША** з а т. *Кішігірім отау үй.*

**ОТАУ-ШАТЫР** з а т. *Отау, шатыр атаулы.*

**ОТАШЫ** з а т. **1.** *Сынған жерді орнына сала білетін адам, сынықшы.* **2.** *Сыртқы жара, ісік ауруларын пышақ жұмсап емдейтін халық ем- шісі.*

**ОТАШЫЛЫҚ** з а т. *Сынықты орнына салушылық, оташы болушылық.*

**ОТАЮ** *Отай етістігінің қимыл атауы.*

**ОТБАҚЫРАШ** з а т. ф и з. *Түбінен аузы кеңдеу келетін жалпақ түпті дөңгелек отқа төзімді ыдыс.*

**ОТБАСЫ** з а т. **1.** *Үй іші, бала-шаға, үйелмен.* **2.** з а ң. *Некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.*

**Отбасынан аспады.** *Ұсақ тірлік, күйбең тіршіліктен шыға алмады.* **Отбасында отырды.** *Үйкүшік болып, күйбің шаруамен айналысты.* **Отбасыңнан өрт шықсын!** қ а р ғ. *Үй ішіңнің астан-кестені шықсын, ойран болсын деген мағынадағы қарғыс. Үйден шықпаған, көргені аз.* **Отбасы, ошағының бүты аман.** к ө н е. *Үй іші, ауыл-аймағы есен-сау.* **Отбасы, ошақ қасынан ұзамаған [ұзап шықпаған].**

**ОТБАСЫЛЫҚ** с ы н. *Отбасыға арналған, отбасыға тән.*

**ОТБАСЫ-НЕКЕ** з а т. *Отбасына, некеге қатысты.*

**Отбасы-неке заңнамасы.** қ ұ қ ы қ. *Азаматтардың отбасы-неке қатынастарын реттейтін құқықтық-нормативтік актілер жиынтығы.*

**ОТБЕКШІ** з а т. *Отыншы.*

**ОТБӨГЕГІШ** з а т. ф и з. *Ішіндегі жанғыш газдары атмосфераға атылып шығуы мүмкін құбырларға орнатылған газдың жануын болдырмайтын қондырғы.*

**ОТБҰРҚАҚ** з а т. <франц. salut> *Салют.*

**ОТДИІРМЕН** з а т. к ө н е. *От қызуымен айналатын диірмен.*

**ОТЕЛЬ** [франц. hôtel] з а т. *Қонақүй.*

**ОТЕНИТ** [франц. Autun] з а т. х и м. *Францияндағы Отен қаласының атына байланысты аталатын, түсі жасыл, жасыл сары, сары ақықтай жылтыр, мөлдір, жымдастығы өте жетілген фосфаттар класының минералы.*

**ОТЖАҒАР** з а т. *Киіз үйдің ішіндегі от жағатын орын.*

**ОТЖАҚҚЫШ** з а т. т е х. *Жарық беру және қыздыру қондырғыларындағы газ, сұйық отын немесе тозаңданған қатты отын жанатын құрылғы.*

**ОТ-ЖАЛЫН** з а т. **1.** *Өмір мен өлім арпалысы, соғыс, алапат.* **2.** а у ы с. *Махаббат оты, ғашықтық сезім.*

**ОТ-ЖІГЕР** з а т. *Күш-қуат, қайрат.*

**ОТИТ** з а т. м е д. *Құлақтың қабынуынан болатын ауру.*

**ОТҚАБЫРШАҚ** з а т. м е т а л л у р г. *Ауада немесе оттегі бар басқа ортада қызған болаттың және кейбір басқа қорытпалардың бетінде пайда болатын жұқа қабыршақ темір.*

**ОТҚАҚҰЛДЫҚ** з а т. д і н и. *Отқа табынушылық.*

**ОТҚАҚҰЯР** з а т. к ө н е. э т н. **1.** *Жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны алғаш аттағанда жасайтын ырымы.* **2.** *Күйеу жігіттің отқа май құйғызғаны үшін беретін ұсақ мал түріндегі кәдесі.*

**ОТҚАСАЛАР** з а т. э т н. *Жаңа түскен келіннің қайын жұртына апаратын ілуі, кәде.*

**ОТҚЫСҚЫШ** з а т. *От көсеу үшін, шоқ қысып ұстау үшін темірден жасалған қысқыш; шымшуыр.*

**ОТОЛИТТЕР** [грек. otos – құлақ, lithos – тас] з а т. а н а т. *Барлық омыртқалылар мен кейбір омыртқасыздардың тепе-теңдікті сақтайтын мүшелерінде орналасқан қатты құрылымды заттар.*

**ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯ** [грек. ōtos – құлақ, rhis – мұрын, larynx – көмей, грек. logos – ілім] з а т. *Құлақ, мұрын, тамақ ауруларын тексеріп, зерттейтін медициналық пән.*

**ОТОСКЛЕРОЗ** [грек. ōtos – құлақ, sklerosis – қатаю] з а т. м е д. *Адамның естуін біртe-біртe төмендететін ішкі құлақтың созылмалы ауру түрі.*

**ОТОСКОПИЯ** [грек. otos – құлақ, skopeo – қараймын] з а т. м е д. *Құлақ ауруларын анықтау және емдеу үшін құлақ тесігі мен дабыл жарғағын тексеру әдісі.*

**ОТРОК** з а т. тар. **1.** *Ортағасырлық Болгария, Македония, Сербиядағы құлдарға жақын, феодалдарға тәуелді шаруалар категориясы.* **2.** *Ортағасырлық Русьтегі феодалдар табы.*

**ОТРЯД** з а т. **1.** ә с к. *Арнайы немесе жекеленген әскери бөлім, бөлімше.* **2.** *Ортақ іске жұмылған адамдар тобы.* **3.** з о о л. *Жануарларды жүйелік топтарға бөлгенде қол- данылатын таксономиялық санат.*

**ОТСАБЫН** з а т. ө с. <лат. lychnis> *Қалампыр тұқымдастарына жататын шөптесін өсімдік.*

**Отсабын туысы**. ө с. *Тостағаншалары түтік тәрізді, бес тілімді, күлтелері бесеу, аталығы он, аналық ауызы – бесеу, тұқымы ұсақ, бұдырлы ірі шөп сабақтас өсімдіктер .*

**ОТСТАВКА** ор. з а т. ә с к. *Белгілі бір жасқа жеткенде немесе денсаулығына байланысты әскери қызметтен босату түрі.*

**ОТ-СУ** з а т. э т н. **1.** *Жағатын от пен ішетін су, қазан-ошақ басындағы отын-су.* **2.** *Мал отайтын қалың шөбі бар, ішетін суы мол жер.*

**ОТСЫЗ**[1] с ы н. **1.** *От болмаған, оттың қа- тысынсыз.* **2.** а у ы с. *Жігерсіз, қуат- сыз, жалынсыз.*

**ОТСЫЗ**[2] с ы н. *Жайылымдық шөбі аз, оты жоқ (жер).*

**ОТСЫЗ-СУСЫЗ** с ы н. *Оты да, суы да жоқ; қуаң.*

**ОТТА=** е т. **1.** *Шөп жеп, қоректену, жайылу.* **2.** с ө й л. қ а р а п. *Аузына келгенді сөйлеу, көку, мылжыңдау.*

**Оттамай отыр.** с ө й л. қ а р а п. *Былшылдап, не болса соны соғып, сөйлемей отыр, жайыңа отыр деген мағынада.*

**ОТТАЙ** с ы н. *От сияқты, от тәрізді.*

**Оттай жанды.** *Еліре, жандана түсті.* **Оттай жайнады.** *Қызу кірісті.* **Оттай жалады.** *Қатты өкіндірді, күйдіріп-жандырып өртеді.* **Оттай опалы бол.** э т н. *Жаңа түскен келінге май құю ырымын жасатқанда айтылатын ізгі тілек.* **Оттай орақшы, жаудай қарақшы**. *Сұрқия, зұлым.* **Оттай ыстық.** *Аса қымбат, қимастай.*

**ОТТАМПАЗ** с ы н. *Көп жайылып оттайтын, оттағыш.*

**ОТТАҢҚЫРА=** е т. *Бос сөзді сөйлеңкіреу, мылжыңдау.*

**ОТТАҢҚЫРАУ** *Оттаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОТТАР** з а т. *Қысқыш, көсеу.*

**ОТТАС=** е т. *Бірге ішіп-жеу.*

**ОТТАСУ** *Оттас етістігінің қимыл атау.*

**ОТТАТ=** е т. *Жайылту, шөп жегізу.*

**ОТТАТУ** *Оттат етістігінің қимыл атау.*

**ОТТАТЫЛ=** е т. *Жайылту, отқа қойылу.*

**ОТТАТЫЛУ** *Оттатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОТТАУ** *Отта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шөп жеу, қоректену.* **2.** с ө й л. қ а р а п. *Аузына келгенді айту, көку.*

**ОТТАУЫҚ** с ы н. *Көп сөйлейтін, көкіме.*

**ОТТЕГІ** з а т. х и м. ***Оттек.***

**ОТТЕК** з а т. х и м. <лат. oxygenium> *Тыныстау үшін, оттың жануы үшін қажетті ауаның құрамына кіретін Менделеевтің периодты жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент.*

**Оттекпен емдеу.** м е д. *Оттекті түрлі ауру- ға қарсы шипалық зат ретінде пайдалану.* **Оттекпен кесу.** т е х. *Оталу температурасына дейін қыздырылған металдың таза оттекте жану қасиеті негізінде металдан жасалған бұйымдарды кесу тәсілі.*

**ОТТЕКСІЗ** с ы н. х и м. *Құрамында оттек жоқ.*

**Оттексіз ауа.** м е т а л л у р г. *Оттексізденген азот пен көмірқышқыл газынан тұратын кеніш ауасының бір бөлігі.*

**ОТТЕКТІ** с ы н. *Оттек қатысқан, құрамында оттек бар.*

**Оттекті жастық.** м е д. *Емдік оттек сақталатын, резиналанған қалың матадан тігілетін аппараттардың ең қарапайым түрі.*

**ОТТЕКТІК** с ы н. *Оттекке тән, оттекке қатысты.*

**Оттектік бірлік**. х и м. *Атомдық массаларды өлшеуге арналған шартты бірлік.*

**ОТТЕМІР** з а т. с ө й л. *Шымшуыр, отқысқыш.*

**ОТТОМАНИЗМ** з а т. с а я с и. *XX ғасырда пайда болған, Осман империясын мекендеген барлық халықтардың теңдігін жариялаған идеология.*

**ОТТӨЗІМДІ** с ы н. *Отқа төзетін, отқа шыдайтын, төтеп бере алатын.*

**Оттөзімді масса.** ф и з. *Отқа төзімді бұйымдарды пішіндейтін материал.*

**ОТТӨЗІМДІЛЕР** з а т. ф и з. *Жоғары отқа төзімді (1580°С-тан кем түспейтін жоғары температура әсеріне балқымай төзетін) минерал шикізат негізінде дайындалатын материалдар мен бұйымдар.*

**ОТТӨЗІМДІЛІК** з а т. ф и з. *Материалдар мен бұйымдардың отқа төзімділік сипаты.*

**ОТТЫ**[1] с ы н. *Шөбі мол, қалың, шүйгін.*

**ОТТЫ**[2] с ы н. **1.** *Оты бар, жарқыраған.* **2.** а у ы с. *Жігерлі, қайратты.*

**Отты арба.** *көне. Пойыз.* **Отты жылдар.** *Азабы көп қиыншылық, соғыс кезі.* **Отты көз.** *Жалындаған, жанары ұшқын ат- қан өткір көз.*

**ОТТЫҒУ** *Оттық етістігінің қимыл атауы.*

**ОТТЫҚ**[1] зат. **1.** *Малға жем-шөп салатын жер; ақыр.* **2.** *Асыранды құсқа жем салуға арналған, көлемі әртүрлі ыдыс.*

**ОТТЫҚ**[2] зат. **1.** *Пештің, қазандықтың, самаурынның от жанатын жері.* **2.** *Органикалық отын жағатын құрылғы; отын (сұйық, қатты, газ тәріздес) мен тотықтырғыш (әдетте, ауа) берілетін камера.* **3.** тар. *Арбалы үйлерде арнайы от жағатын орын.* **4.** *Жер үйдегі от жағатын орын, жерошақ.*

**ОТТЫҚ**[3] зат. жерг. *Сіріңке, шырпы.*

**ОТТЫҚ=** ет. сөйл. ***Отық.***

**ОТТЫЛЫҚ**[1] зат. *Шөбі, оты мол болушылық.*

**ОТТЫЛЫҚ**[2] зат. *Жігерлік, өткірлік, өжет-тік.*

**ОТҮЙРЕК** зат. зоол. <лат. tadorna ferruginea> *Реңі кірпіш түстес қызыл сары, басы боз, қызғылт, құйрығы мен қанаты қара жазықты және таулы жерлердегі су қоймаларында тіршілік ететін қазтәрізділер отряды үйректұқымдасына жататын құс.*

**ОТША** үст. *От тәрізді, отқа ұқсап.*

**ОТШАҢ** сын. *Жайылуға құмар, отшыл.*

**ОТШАШАР** зат. әск. жаңа. *Жанғыш заттар қоспасын шашу арқылы жақын аралықтағы ұрыста қолданылатын қару.*

**ОТШЫЛ** сын. *Отқұмар, оттағыш.*

**ОТЫҒУ** *Отық етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫЗ** сан. *Жиырма тоғыздан кейінгі есептік сан.*

**Отыздың ішіне енді.** *Жиырмадан асып, отыз жасқа жақын келді, отызға таяды.* **Отыздың орманы.** бейн. *Нақ өзінің өмірлік жолын таба алмай жүрген, іздену үстіндегі адамның жас кезеңі.* **Отыз күн ораза.** діни. *Отыз күн бойы, күн шыққаннан батқанға дейін ас-су ішуге болмайтын діни, бес парыздың бірі.* **Отыз күн ойын, қырық түн [күн] тойын қылды.** фольк. *Бірнеше күн той-думан жасады деген мағынада.* **Отыз үш мың сахаба.** діни. *Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың соңынан ерген серіктері, мұсылмандықты алғашқылардан болып қабылдаған ислам дінін таратуда оның қасында жүрген айнымас жолдастары, кейіннен пайғамбардың үмметін көбейту үшін жер жүзіне тарап кеткен дін қайраткерлерінің жалпы саны.*

**ОТЫЗДАЙ** сан. *Отыз шамасындай, отызға жуық.*

**ОТЫЗ-ҚЫРЫҚ** сан. *Отыз бен қырық шамасында.*

**ОТЫЗЫНШЫ** сан. *Жиырма тоғыздан кейінгі реттік сан.*

**ОТЫҚ=** ет. **1.** *Төлдің шөп жеуге үйренуі, бейімделуі.* **2.** *Көктемгі жаңа шыққан шөпке тойына бастау.* **3.** ауыс. *Орнығу, қалыптасу.*

**ОТЫҚТЫР=** ет. *Шөп жеуге үйрету, әдеттендіру.*

**ОТЫҚТЫРУ** *Отықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫН** зат. **1.** *От жағуға болатын ағаш, көмір, тезек, мұнай т.б.* **2.** *Негізгі құрамдас бөлігі көміртек болып табылатын, жылу энергиясын алу мақсатында қолданылатын жанғыш заттар.*

**Отына күйді.** *Азабына түсті, бейнет көрді.* **Отын бұтады.** *Ағаш жарды, от жағуға, тамызыққа арнап ағаш бұтақтарын, бұталарды кесті.* **Отынға жықты.** *Отын қылды, отын етуге құлатты.* **Отын жастық, ..... құндақ.** қарап. *Өмірдің ауыртпалығы туралы айтылатын сөз.* **Отын өнеркәсібі.** *Отынның әр алуан түрлерін шығару, өңдеу ісімен шұғылданатын өнеркәсіп салаларының тобы.* **Отын элементі.** хим. *Отынның тотығу реакциясының энергиясын электр энергиясына айналдырушы гальвани элементі; ол үшін беттерінде тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыш арасындағы химиялық реакциялар өтетін салғырт электрондар пайдаланылады.*

**ОТЫНДАЙ** сын. *Отын сияқты, отын тәрізді.*

**ОТЫНДЫҚ** сын. *Отын етуге жарайтын, отын боларлық.*

**Отындық қож.** *Бу қазандарында қатты отынды жағу барысында түзілетін шоқтардың қалдықтары, күйген, балқыған бөлшекке айналған күл түйіршіктері.*

**ОТЫНСОРҒЫ** зат. маш. *Іштен жану қозғалтқышының карбюраторына немесе форсункасына отын жеткізуге арналған аспап.*

**ОТЫН-СУ** зат. *Ас-тағам дайындауға, от жағуға қажетті отын т.б.*

**ОТЫНСҮЗГІ** зат. мәш. *Іштен жанатын қозғалтқыштың қоректендіру жүйесінде отын- ды тазалауға арналған құрылғы.*

**ОТЫНСЫЗ** сын. **1.** *Отыны жоқ.* **2.** *Отынның қатысынсыз, отын болмай-ақ.*

**ОТЫН-ТАМЫЗДЫҚ** зат. *От жағуға жарарлық заттар.*

**ОТЫНХАНА** зат. *Отын сақтайтын орын, сарай.*

**ОТЫНШЫ** зат. *Отын дайындайтын адам.*

**ОТЫР=** ет. **1.** *Белгілі бір жерге жайғасу.* **2.** *Осы күйде отырып, бір іспен шұғылдану, қызмет атқару.* **3.** *Бір нәрсенің, заттың үстіне орналасу, қонақтау.* **4.** *Көлікке, мәшинеге түсу, міну.* **4.** *Бір жерге қоныс тебу, мекендеу, орналасу.* **5.** ауыс. *Сотталу, бас бостандығынан айырылып, түрмеде болу, қамалу.* **6.** ауыс. *Ұзақ уақыт түрмысқа шықпау, жұмыссыз қалу сияқты белгілі бір жағымсыз күйде, жағдайда болу.* **7.** ауыс. *Белгілі бір қызметте болу, басшылық ету.* **8.** *Толық мағыналы етістік сөздермен тіркесіп келіп, осы шақтық мағына үстейтін көмекші сөз.*

**Отыра тартпа сөз.** *Кіржік кісінің сөзі туралы айтылады.* **Отырған орның орман болсын.** алғыс. *Шалғынды, жерұйықта тіршілік жаса!* **Отырмай омал!** қарғ. *Тіл алмаған адамға айтылатын, отырған жеріңнен тұра алмай қал мәніндегі сөз.* **Отырса – опақ, тұрса – сопақ.** *Қалай істесе де жақпады, мін таба берді.* **Отырып алды.** а) *Бет бақтырмай қасарысты.* ә) *Жік-жаппар болды, қиылып сұрады.* б) *Тұрмысқа шықпай, көпке дейін жүріп алды.*

**ОТЫРАР-ОТЫРМАСТАН** үст. *Отырмай жатып, іле-шала.*

**ОТЫРҒЫ** зат. жаңа. *Отыруға арналған жиһаз.*

**ОТЫРҒЫЗ=** ет. **1.** *Бір жерге, орынға жай-ғасқызу.* **2.** *Жеміс, ағаш, өсімдік егу.*

**Отырғызып кетті.** *Алдап, айласын асырып кетті, жер соқтырды.*

**ОТЫРҒЫЗДЫР=** ет. *Жеміс, ағаш, өсімдік ектіру.*

**ОТЫРҒЫЗДЫРУ** *Отырғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРҒЫЗУ** *Отырғыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлікке, мәшинеге мінгізу, орналастыру.* **2.** *Жеміс-жидек, ағаш, өсімдік егу.*

**Отырғызу пункті.** әск. *Эвакуацияланған халықты ұйымдасқан түрде көліктерге отырғызып жіберуге арналған арнайы орын.*

**ОТЫРҒЫЗУШЫ** зат. *Жеміс, ағаш, өсім- дік егуші адам.*

**ОТЫРҒЫЗЫЛ=** ет. **1.** *Жайғастырылу, орналастырылу.* **2.** *Жеміс-жидек, ағаш, өсімдік егілу.*

**ОТЫРҒЫЗЫЛУ** *Отырғызыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРҒЫШ** зат. *Ағаштан т.б. жасалып, отыруға лайықталған зат, орындық.*

**ОТЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Орын тебу, орнығу қасиеті.*

**ОТЫРМАҚ** зат. жерг. *Сауық, кеш, бас қосу.*

**ОТЫРТ=** ет. *Жайғастырту, орналастырту.*

**Отыртып кетті.** *Алдады, жер соқтырды.*

**ОТЫРТУ** *Отырт етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРУ** *Отыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жерге, орынға жайғасу.* **2.** *Осы күйде бір іспен шұғылдану, қызмет атқару.* **3.** *Көлікке, мәшинеге міну.*

**ОТЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Отырғандық, отыратындық.*

**ОТЫРЫҚТАН=** ет. сөйл. ***Отырықшылан.***

**ОТЫРЫҚТАНДЫР=** ет. *Отырықшы ету, қонысқа орнықтыру.*

**ОТЫРЫҚТАНДЫРУ** *Отырықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫҚТАС=** ет. *Отырықшы болысу.*

**ОТЫРЫҚТАСУ** *Отырықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫҚТЫ** сын. *Бір жерге тұрақты қоныс тепкен; көшпелі емес, отырықшыл.*

**ОТЫРЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Бір жерге тұрақтаушылық, отырықшылық.*

**ОТЫРЫҚШЫ** сын. *Көшпелілікке қарама-қарсы бір жерді тұрақты мекен еткен, қоныс тепкен, орныққан.*

**ОТЫРЫҚШЫЛ** сын. *Бір жерге тұрақтаған, отырықшы.*

**ОТЫРЫҚШЫЛАН=** ет. *Көшпелі сипаттан отырықшылыққа айналу, отырықшы болу.*

**ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫР=** ет. *Отырықшы болдыру, қонысқа тұрақтандыру.*

**ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ** *Отырықшыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫҚШЫЛАНУ** *Отырықшалан етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫҚШЫЛДЫҚ** зат. *Бір жерде тұрақтанушылдық, отырықшы болушылық, көшпелілікке қарама-қарсы ел сипатына көшушілік.*

**ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Тұрақты жерде, мекен етушілік, тұрақтанушылық, көшпелі еместік.*

**ОТЫРЫЛ=** ет. *Негізгі етістікке тіркесіп, шақтық мағынаны береді.*

**ОТЫРЫЛУ** *Отырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Көбірек отырып қалу, бір қимылды ұзақ ұстану.* **2.** ауыс. *Жасы үлкейгенше түрмыс құрмау, күйеуге шықпау.*

**ОТЫРЫҢҚЫРАУ** *Отырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ОТЫРЫС** зат. **1.** *Отыру, отырған күйі; отырғандық.* **2.** *Кеш, қуанышқа бас қосу; ойынтой.* **3.** *Ұжым, ұйым мүшелерінің ресми шағын басқосуы.*

**ОТЫРЫС=** ет. **1.** *Бірге жайғасу, бірнеше адам болып отыру.* **2.** ауыс. *Көлікке, мәшинеге бірге міну.*

**ОТЫРЫСПА** зат. жерг. *Жастар жиналып өткізетін кешкі ойын-сауық.*

**ОТЫРЫС-ТҰРЫС** зат. *Отыру, тұру қимылының жалпы атауы.*

**ОТЫРЫСТЫ** сын. сөйл. ***Отырықшы.***

**ОТЫРЫСУ** *Отырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ОУ** о д. **1.** *Ау сөзімен мәндес көпшілікті, біреуді өзіне қарату үшін айтылатын дыбыстық ишарат.* **2.** *«Пәлі» сияқты сүйсінгендікті, таңданушылықты білдіретін сөз.*

**ОФАСЫЗ** сын. ескі кіт. ***Опасыз.***

**ОФАТ** зат. ескі кіт. *Қаза.*

**Офат болды.** ескі кіт. *Опат болды, қаза тапты.*

**ОФЕРЕНТ** [лат. offertus] зат. қаржы. *Сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген немесе өзінің әлеуетті әріптестеріне тауар құндылықтары мен өзге де құндылықтарды сатып алу, сату жұмыстарды жүргізу, келісім-шарт жасасу жөнінде ұсыныстар жолдаған фирма.*

**ОФЕРТА** [лат. offertus] зат. қаржы. *Бір тұлғаның екінші тұлғаға жасаған шарт жасасу туралы тілек (хат, факс, т.б) хабарланатын жазбаша немесе ауызша ұсынысы.*

**ОФИОЛИТТЕР** зат. хим. *Ультранегіздінегізді интрузиялық, негізді эффузиялық және пелагиалдық шөгінді таужыныстардың ұдайы бір-бірімен орайлас ұшырасатын кешені.*

**ОФИС** [ағыл. office] зат. ***Кеңсе.*** **1.** *Мекемелер мен кәсіпорындардың әкімшілік-кеңселік бөлімдерінің жалпы атауы.* **2.** *Негізінен шаруашылық-қаржылық сипаттағы жеке мекемелердің жалпы атауы.* **3.** *Қандай да бір фирманың ресми өкілдері, басшысы орналасқан штаб-пәтері, кеңсесі.*

**ОФИСТІК** сын. *Офиске қатысты, кеңселік.*

**ОФИЦЕР** [нем. Offizier] зат. әск. *Қарулы күштер, флот пен полиция, арнаулы қызмет орындарындағы командалық және басшы құрамындағы адам және сол адамға берілетін әскери шен.*

**ОФИЦЕРЛІК** сын. *Офицерге тән, соған қатысты, офицерге арналған.*

**Офицерлік атлас.** әск. *Әскери география мен әскери тарих мәліметтері баяндалған, бір жүйеге келтірілген карталар жиынтығы.*

**ОФИЦЕРШЕ** үст. *Офицер сияқты, соған ұқсап.*

**ОФИЦИАНТ** зат. сөйл. ***Даяшы*** (*асхана, мейрамханаларда келушілерге тамақ әкеліп, қызмет көрсетуші).*

**ОФИЦИАНТТЫҚ** сын. сөйл. ***Даяшылық.***

**ОФОРТ** [франц. eau-forte] зат. өнер. *Бедерлері мен суреттері металды қышқылмен күйдіріп жасалатын металл бетіндегі гравюра.*

**ОФОРТШЫ** зат. өнер. *Гравер-суретші, офорт өнерінің маманы.*

**ОФСАЙД** [ағыл. offside] зат. спорт. *Кейбір спорттық ойындарда (футбол, хоккей) ойыншының ойыннан тыс деп саналатын ойыншының қарсылас жақтың қақпасына жақын, ыңғайлы жерде тұру жағдайы.*

**ОФСЕТ** [ағыл. offset] зат. **1.** полигр. *Кітап басып шығарудың бір түрі.* **2.** *Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді алмасуды, сондай-ақ көрсетілетін алуан түрлі қызметтер мен жеңілдіктерге айырбас ретінде капитал салуға мүмкіндік беруді көздейтін мәміле.*

**ОФСЕТТІК** сын. *Офсетке қатысты, соған тән.*

**Офсеттік баспа.** полигр. *Баспалық формаға жағылған бояуды қағазға тікелей түсірмей, басқа бір эластикалық бет арқылы басуға арналған жайпақ баспа тәсілі.* **Офсеттік мәшине**. *Полиграфиялық баспа мәшинесі.*

**ОФТАЛЬМИЯ** [ophthalmos] зат. мед. *Кейбір көз ауруларының жалпы атауы.*

**ОФТАЛЬМОЛОГ** зат. мед. *Көз ауруының маман дәрігері.*

**ОФТАЛЬМОЛОГИЯ** [грек. ophtalmos – көз, logos – ілім] зат. мед. *Көз анатомиясы мен физиологиясын, көз ауруларын зерттейтін ғылым.*

**ОФТАЛЬМОСКОП** [грек. ophthalmos – көз, skopeō – қараймын] зат. мед. *Көз түбін тексеріп, зерттеу үшін қолданылатын арнайы айна.*

**ОФТАЛЬМОСКОПИЯ** зат. мед. *Офтальмоскоп арнаулы аспабы арқылы көздің түбін зерттеу.*

**ОФФШОР** [ағыл. off-shore] зат. экон. *Дүниежүзілік қаржы орталықтарының кейбір түрлерін сипаттау үшін қолданылатын термин.*

**ОФФШОРЛЫҚ** сын. экон. *Оффшормен байланысты, оффшорға қатысты.*

**Оффшорлық аймақ**. экон. *Оффшор режімі әрекет ететін аймақ.* **Оффшорлық компания.** экон. *Заң бойынша белгілі бір коммерциялық құрылымдарға елеулі салық жеңілдіктері, бухгалтерлік есеп пен есептемені жүргізуді барынша азайту көзделген елде құрылған компания.*

**ОХ** од. сөйл. ***Oh*** **1.** *Сүйсіну, таңдану сезімін білдіретін сөз.* **2.** *Қатты күйіну, өкіну, шошыну мәніндегі көңіл күйді білдіреді.*

**ОХВАТ** зат. әск. *Жаудың екі қанаты мен тылына майданнан шабуыл жасаған бөлім мен бөлімшелердің өзара тактика және атыс жөнінен тығыз байланыста жүргізілетін қимылы, маневрі.*

**ОХЛОКРАТИЯ** [грек. ochlos – тобыр, грек. kratos – билік] зат. саяси. *Қоғамдық өмір жағдайына қанағаттанбай, мемлекеттік мекемелерді басып алып, демократияны теріс түсінген тобыр билігі.*

**ОХРА** [грек. ōchros – сарғыш] зат. *Сары немесе қоңыр қызғылт түсті табиғи минералды топырақ бояу; жоса.*

**ОҺ** од. *Қысылғанда, қорыққанда, қуанған- да айтылатын сөз.*

**ОҺО** од. *Таңдану, қуану, таңырқау сезімін білдіретін сөз.*

**ОЦЕЛОТ** зат. зоол. *Оңтүстік Америкада мекендейтін терісі сары немесе сұр дақ- ты болып келетін ұлкен жабайы мысық.*

**ОЧЕРК** зат. **1.** әдеб. *Болған оқиғаны қысқаша суреттейтін көлемі шағын, әдеби публицистикалық шығарма.* **2.** публ. *Сипаттама, шолу.*

**ОЧЕРКТІК** сын. *Очерк боларлық, соған тән.*

**ОЧЕРКИСТ** зат. сөйл. *Очерк жазушы адам.*

**ОША=** ет. сөйл. ***Ошар.***

**ОШАҒАН** зат. өс. <лат. agrimonia> **1.** *Үлкен жапырақты, домалақ дәнді, ірі тікенекті өсімдік.* **2.** *Раушангүлдер тұқымдасына жататын тіксабақты, жапырақтары түкті қауырсын тәрізді күрделі, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ОШАҒАНДАЙ** сын. *Ошаған тәрізді, ошаған сияқты.*

**ОШАҒАНША** үст. *Ошаған тәрізді, ошағанға ұқсап.*

**ОШАҚ** зат. **1.** *Үстіне қазан қойып, тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір.* **2.** *Үстіне қазан асып, тамақ пісіретін, тастан, кірпіштен қалап жасалған немесе қазылған орын; жерошақ.* **3.** ауыс. *Үй іші, бала-шаға, отбасы.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің шоғырланған, қорланған жері.*

**Ошағын талқандады.** *Ойран салды, қиратты.* **Ошағының басы аман.** *Үй іші, ауыл-аймағы есен-сау.* **Ошақ басы [бұты].** *Үй іші, отбасы.* **Ошақ бәйгі.** жерг. а) *Той, ас беру кезінде ошақ қазылып болғанша өтетін ат жарыс.* ә) *Қонақ күні, тойдан бір күн бұрын берілетін бәйге.* **Ошақ болғыр!** қарғ. *Сиыр малына айтылады.* **Ошақ бұтының қызығы.** *Отбасы, бала-шағаның отбасылық тіршіліктің бейнеті мен зейнеті.* **Ошақ құрды.** *Үй болды, түтін түтетті.* **Ошақ соғысы**. әск. көне. *Алдын ала орнын белгілеп, келісілген соғыс.* **Ошақтың үш бұты деп отыр.** көне. *Өз үй-ішінің амандығын тіледі, қамын жеді.* **Ошақтың үш бұтына берсін!** *Біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын деген тілек.* **Ошақтың үш бұтынан шықпады.** *Үй тіршілігін ғана білді.* **Ошақтың үш бұтындай.** а) *Бір жердегі бір-біріне қарама-қарсы орналасқан үшеудей деген мағынада.* ә) *Отбасындағы, үйдегі үш адамның айнымас татулығы, ауызбіршілігі туралы айтылатын сөзқолданыс.* **Ошақтың үш бұтының пайдасы.** жағымсыз. *Жеке бастары мен үй ішінің ғана жағдайы.*

**ОШАҚСЫЗ** сын. **1.** *Ошағы жоқ.* **2.** ауыс. *Үйсіз-күйсіз, отансыз, мекенсіз.*

**ОШАҚТАЙ** сын. **1.** *Ошақ сияқты, ошақ тәрізді.* **2.** *Ошақтың аумағындай, көлеміндей.* **3.** ауыс. *Үлкен, кең, аумақты.*

**Ошақтай көрмес аңдарды.** бейн. *Бұйым құрлы көрмейді, аң біткенді баса-көктеп өте шығады.*

**ОШАҚТЫҚ** сын. *Ошаққа қатысты, ошаққа тән.*

**ОШАҚШЫ** зат. *Ошақ қазушы, жасаушы.*

**ОШАЛ** есім. ескі кіт. *Осы, бұл.*

**ОШАҢ**: **ошаң етер.** *Бас көтерер.* **Ошаң етті.** а) *Қаран-құраң етті, қараңдады.* ә) *Сытылып шықты.*

**ОШАР=** ет. *Бір жерге іiру, топтау.*

**ОШАРЛАН=** ет. *Бір жерге жиналу, топталу, шоғырлану.*

**ОШАРЛАНУ** *Ошарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОШАРЛЫ** сын. *Көп, бірсыпыра, бір үйлі.*

**ОШАРЫЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсеге бөгеліп қалу, тоқтау.* **2.** *Түгелімен қопарылу, жөңкілу, қаптау.*

**Ошарыла бұрылды.** *Жөңкіле бұрылды.* **Ошарылып қалғыр!** қарғ. *Істейтін шаруасына бармай, бос қарап отырып қалғанда айтылатын жеңіл күйіну мәнінде айтылатын сөз.* **Ошарылып қалды.** *Не істерін білмей, дағдарып қалды.*

**ОШАРЫЛУ** *Ошарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮ**[1] зат. этн. *Бір нәрсенің бетіне түсірілген түрлі нақыс, әр ұлттың өзіне тән бедер, өрнегі.*

**Ою ойды.** *Әдемі, әшекейлі өрнектер жасады.* **Ою пышақ.** қолөнер. *Ою-өрнек сызуға қолданатын пышақ.* **Ою салды.** *Өрнек түсірді, әшекей жүргізді.*

**ОЮ**[2] *Ой етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛА=** ет. *Ою салу, өрнектеу, ою жасау.*

**ОЮЛАН=** ет. *Ою салыну, өрнектелу.*

**ОЮЛАНУ** *Оюлан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАС=** ет. *Ою-өрнек салысу, әшекейлесу.*

**ОЮЛАСТЫР=** ет. *Ою-өрнек салып келістіру, әшекейлестіру.*

**Оюластырып кестелеу.** қолөнер. *Бірыңғай матаға (барқыт, жүген, шұға) біртұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан үйлескен тұтас желі жасау.*

**ОЮЛАСТЫРУ** *Оюластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАСТЫРЫЛ**= ет. *Ою-өрнек салып келістірілу, әшекейлестірілу.*

**ОЮЛАСТЫРЫЛУ** *Оюластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАСУ** *Оюлас етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАТ**= ет. *Ою жасату, әшекейлету, өр- нектету.*

**ОЮЛАТҚЫЗ**= ет. *Ою салғызу, әшекейлеткізу.*

**ОЮЛАТҚЫЗУ** *Оюлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАТТЫР**= ет. *Ою жасаттыру, әшекейлеттіру.*

**ОЮЛАТТЫРУ** *Оюлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАТУ** *Оюлат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛАУ** *Оюла етістігінің қимыл атауы.*

**ОЮЛЫ**[1] сын. *Оюы бар, оюланған, өрнек салынған.*

**ОЮЛЫ**[2] сын. *Бөлшектеп ойып қойған, ойылған.*

**ОЮ-ӨРНЕК** зат. **1.** *Ою мен өрнектердің жалпы атауы, әшекей, нақыштар.* **2.** өнер. <лат. ornamentum> *Түрлі заттарды, архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған, жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын өрнек-нақыштар.*

**ОЮШЫ** зат. этн. *Әртүрлі ою үлгілерін жасаушы, сырмақ, текемет, түскиіз, аяққап, кесеқап, төсекқап сияқты үй жиһаздарына ою ойып, өрнек салатын қазақ ою-өрнегінің ше- бері.*

**ОЮШЫЛЫҚ** зат. *Ою оя білушілік, ою өнері.*

**ОЯ**[1] зат. *Алқым, жемсау, кеңірсік.*

**ОЯ**[2] зат. көне. *Балиғат, кәмелет.*

**ОЯ**[3] зат. *Малдың өрістігінің айнала төңірегі [Қазақ қашанда жылқының арық-семіздігін денесінің үш-төрт мүшесіне – ойынды етіне, оясына, үйегіне, шөжегіне қарай айырған].*

**ОЯЗ**[1] [ор. уезд] зат. тар. **1.** *Ресейдегі губернияның құрамына кіретін әкімшілік - аумақтық бөлік.* **2.** *Оязды басқарушы, әкім.*

**ОЯЗ**[2] сын. жерг. **1.** *Шұңқыр, ой (жер).* **2.** ауыс. *Жүдеу, бос, болбыр, арық.*

**Ояз тартты**. *Еті арып, жүдеді, шүңірейді.*

**ОЯЗДА**= ет. жерг. **1.** *Шұңқыр болу, ой тусу.* **2.** ауыс. *Етінен арылып жүдеу, арықтау.*

**ОЯЗДАН**= ет. *Шұңқырлану.*

**ОЯЗДАНДЫР**= ет. *Етінен арылту, жүдету.*

**ОЯЗДАНДЫРУ** *Ояздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯЗДАНУ** *Ояздан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯЗДАУ**[1] сын. **1.** *Шұңқырлау келген, ойлау.* **2.** ауыс. *Жүдеулеу, арықтау, арығандау.*

**ОЯЗДАУ**[2] *Оязда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯЗДЫҚ**[1] зат. *Арықтық, жүдеулік.*

**ОЯЗДЫҚ**[2] сын. *Оязға тән, оязға қатысты.*

**ОЯЗНАЙ** зат. сөйл. ***Ояз.***

**ОЯЗУ** *Ояз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯЗЫ**= ет. сөйл. ***Ояздa.***

**Оязып кетті [қалды].** *Арықтады, жүдеді.*

**ОЯҚ-БҰЯҚ** үст. сөйл. *Ол жақ, бұл жақ.*

**ОЯЛЫ** сын. жерг. *Ақыл-есі бар; ойлы.*

**ОЯН**= ет. **1.** *Ұйқыдан тұру, ұйқысын ашу.* **2.** ауыс. *Жандану, тірілу (табиғат, өсімдік, жан-жануарлар т.б. туралы).* **3.** ауыс. *Пайда болу, бойға біту (сезім, қасиет т.б.).* **4.** ауыс. *Ой-сананың жетілуі; көзі ашылу, оң-солын білу.*

**ОЯНТ**= ет. *Пайда болғызу, бойға бітірту.*

**ОЯНТУ** *Оянт етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯНУ** *Оян етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯНУШЫЛЫҚ** зат. *Өсу, толығу, танымы кеңею.*

**ОЯНЫМПАЗ** сын. *Әсер алғыш, оянғыш.*

**ОЯНЫС**= ет. *Ұйқыларын ашысу.*

**ОЯНЫСУ** *Ояныс етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯҢ** зат. **1.** *Шұңқыр жер, ойпат.* **2.** ауыс. *Жүдеген кездегі бетте, көздің алдында болатын ой, шұңқыр.*

**Ояң тартты.** *Арықтады, жүдеді.*

**ОЯҢДА**= ет. **1.** *Ой тарту, шұңқыр болу.* **2.** ауыс. *Жүдеу, арықтау, еттен арылу.*

**ОЯҢДАН**= ет. **1.** *Ой тарту, шұңқырлану.* **2.** *Бетте шұңқыр пайда болу.*

**ОЯҢДАНУ** *Ояңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯҢДАТ**= ет. *Ой тарту, шұңқырлату.*

**ОЯҢДАТУ** *Ояңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯҢДАУ**[1] сын. *Шұңқырлау, ойыстау келген.*

**ОЯҢДАУ**[2] *Ояңда етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯҢДЫҚ** сын. *Жүдегендік, арықтық.*

**ОЯ: оябын табу.** ескікіт. *Амалын табу, қыбын табу.*

**ОЯСТА**= ет. жерг. *Бір жаққа ығысу, ойы- су.*

**ОЯСТАУ** *Ояста етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯСЫЗ** сын. жерг. *Ойсыз, зердесіз, түйсіксіз.*

**ОЯСЫЗДЫҚ** сын. *Ойсыздық, түйсіксіздік.*

**ОЯТ**= ет. **1.** *Ұйқыдан тұрғызу.* **2.** ауыс. *Сана-сезімін жетілдіру, көзін ашу.*

**ОЯТАР** зат. *Қоңыраулы сағат.*

**ОЯТҚЫЗ**= ет. *Ұйқысын ашқызу.*

**ОЯТҚЫЗУ** *Оятқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯТҚЫШ** зат. сөйл. *Қоңыраулы сағат.*

**ОЯТТЫР**= ет. *Ұйқысын аштыру.*

**ОЯТТЫРУ** *Ояттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ОЯТУ** *Оят етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Ұйқыдан тұрғызу.* **2.** ауыс. *Сана-сезімін жетілдіру.*

**ОЯТУШЫ** зат. **1.** *Ұйқыдан тұрғызушы.* **2.** ауыс. *Біреудің санасын жетілдіруші.*

**ОЯУ** сын. **1.** *Ұйқыға кіріспеген, ұйықтамаған.* **2.** ауыс. *Сезімтал, сезгіш.*

**ОЯУЛЫҚ** зат. *Ояу екендік, ұйықтамағандық.*

# Ө

**Ө**[1] **1.** *Қазақ әліпбиіндегі 21-әріп және сол әріптің жазылу таңбасы.* **2.** *Еріннің сүйірленуі арқылы пайда болатын жіңішке, еріндік, қысаң дауысты дыбыс; фонема.*

**Ө**[2] од. *Тамаша, керемет дегенді субъектіге қарай еркелетіп, көтермелеп, қолпаштап айтуда қолданылатын көңіл-күй одағайы.*

**ӨБЕК**: **өбек болды.** *Жаны қалмады, бәйек болды, жатып жастық, иіліп төсек болып, құрмет көрсетті.* **Өбек қақты**. *Өбектеді, жаны қалмады.* **Өбек ұшты.** *Жаны қалмады, бәйек болды.*

**ӨБЕКТЕ**= ет. **1.** *Әлпештеу, асты-үстіне түсіп бәйек болу, жаны қалмау, артық мейірім көрсету.* **2.** ауыс. *Қолды-аяққа тұрмау, тыпыршу, асып-сасу.* **3.** ауыс. *Жағыну, жағымпаздану.*

**ӨБЕКТЕГІШ** сын. *Өбектей беретін, жа- ны қалмайтын.*

**ӨБЕКТЕН**= ет. *Әлпештелу, артық қамқорлықты көру.*

**ӨБЕКТЕНУ** *Өбекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБЕКТЕС**= ет. *Жан-жақтан қаумалай қамқорсу, асты-үстіне түсісу.*

**ӨБЕКТЕСУ** *Өбектес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБЕКТЕТ**= ет. *Асты-үстіне түсу, бар жағдайын жасау, артық қамқорсу.*

**ӨБЕКТЕТУ** *Өбектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБЕКТЕУ** *Өбекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБЕРЕ** зат. *Шөберенің баласы.*

**ӨБУ** *Өп етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБІКПЕ** сын. *Әлпештегіш, қамқор, астыүстіне түскіш.*

**ӨБІЛ**= ет. *Сүйілу, құшылу.*

**ӨБІЛУ** *Өбіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБІП-ӨБІП** үст. *Сүйіп-сүйіп, жұтыпжұ- тып.*

**ӨБІС**= ет. **1.** *Сүйісу, аймаласу.* **2.** ауыс. *Бірігу, қосылу, ұштасу, айқасу, астасу.*

**ӨБІСТІР**= **1.** *Жақындастыру, тақау.* **2.** *Шеттестіру, тігудің түрі.*

**ӨБІСТІРМЕ** зат. этн. көне. *Көктеп тікпей-ақ тек пішпақтарын байластырып, үстіне жа- мылып жүретін тері киім.*

**ӨБІСТІРУ** *Өбістір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБІСУ** *Өбіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨБІСІП-ӨЛІС**= ет. *Құшырлану, айызы қана сүйісу.*

**ӨБІСІП-ӨЛІСУ** *Өбісіп-өліс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГДЕ**= ет. **1.** *Озу, асу, биіктеу.* **2.** ауыс. *Өршеленіп кету.*

**ӨГДЕЙ** сын. ескікіт. *Өктей, өктем.*

**ӨГДЕМ** сын. сөйл. *Өктем, тегеурінді, пәрменді.*

**ӨГЕЙ** сын. **1.** *Өзі тумаған (әке, шеше).* **2.** *Асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз).* **3.** ауыс. *Бөтен, жат, басқа.*

**Өгей ана.** *Бұрынғы некеден туылған балаларға қатысты әкесінің зайыбы.* **Өгей анадай.** *Жатсынған, жылуы жоқ, қатігез.* **Өгей ата [әке].** *Баланың тумаған атасы (әкесі), бұрынғы әкеден қалған балаға қатысты шешесінің күйеуі.* **Өгей бала [ұл].** *Өзінен тумаған бала.* **Өгей ене бауырсақ.** *Бөтен, жат.* **Өгей жер**. *Жат жер, бөтен жер.* **Өгей көрмеді [санамады, тұтпады].** *Жатсынбады, жатырқамады.* **Өгей қыз.** *Өзінен тумаған қыз.* **Өгей өмір**. *Жалған дүние.* **Өгей сезім**. *Бұрын болмаған, сезініп көрмеген жат сезім (жағымсыз).* **Өгей тағдыр**. *Жат тағдыр.* **Өгей шеше.** *Баланың өз шешесі емес, әкесі әйел етіп алған екінші шешесі.*

**ӨГЕЙБҰТА** зат. өс. <лат. euonymus> *Бересклеттер тұқымдасына жататын көпжылдық мәңгі жасыл бұта.*

**ӨГЕЙБҰТАЛАР** <лат. celastraceae> зат. өс. *Бұта, бұташық немесе ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**ӨГЕЙ-ҚАҒАЙ** сын. *Жат, бөтен, өз кіндігінен тумаған өзге жандар.*

**ӨГЕЙЛЕ**= ет. **1.** жерг. *Аңсау, сағыну.* **2.** *Бөтенсіну, шеттеу, жатырқау.*

**Өгейлеп қалды.** *Жатырқап қалды, жатбауырлық көрсетті, бөтенсіді.*

**ӨГЕЙЛЕН**= ет. *Жатырқау, жат санау, сырт айналу.*

**ӨГЕЙЛЕНУ** *Өгейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙЛЕУ**[1] сын. *Оғаштау, жаттау.*

**ӨГЕЙЛЕУ**[2] *Өгейле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙЛІК** зат. **1.** *Тумағандық, өгей (әке, шеше, бала) екендік.* **2.** *Бөтендік, жаттық, басқалық.* **3.** *Сырт тебушілік, жатырқаушылық.* **4.** ауыс. *Мейірімсіздік, қайырымсыздық, қаталдық.*

**Өгейлік білдірді**. *Өгей екенін көрсетті.* **Өгейлік етті [жасады].** *Өгей екенін көрсетті, өгейлік қылды.* **Өгейлік көрді.** а) *Тумағандығының кесірін тартты, жетімдік көрді.* ә) *Жапа шекті, соққы көрді; қақ-соқпен өмір кешті, көзге түрткі болды.* **Өгейлік қылды [істеді].** *Тумағандығын көрсетті, өгейлік жасады.*

**ӨГЕЙСУ** *Өгейсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙСУШІЛІК** зат. *Жатсынғандық, жатырқағандық.*

**ӨГЕЙСІ=** ет. **1.** *Жатсыну, жатырқау, бөтенсу.* **2.** *Дұрыс көрмеу, қабылдамау.* **3.** *Жетімсіреу, құлазу.* **4.** жерг. *Аңсау, сағыну.*

**ӨГЕЙСІН=** ет. *Жат көру, жатырқау.*

**ӨГЕЙСІНУ** *Өгейсін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙСІҢКІРЕ=** ет. *Жатсыныңқырау, жалғызсырау, құлазу.*

**ӨГЕЙСІҢКІРЕУ** *Өгейсіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙСІРЕ=** ет. *Жалғызсырау; жетімсіреу.*

**ӨГЕЙСІРЕУ** *Өгейсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙСІТ=** ет. **1.** *Жетімсірету, жалғызсырату.* **2.** *Аңсату, сағындырту.*

**ӨГЕЙСІТУ** *Өгейсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙСІТІЛ=** ет. *Шеттетілу, жат саналу.*

**ӨГЕЙСІТІЛУ** *Өгейсітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨГЕЙШЕШЕК** зат. окказ. *Белгілі бір мекемеден, жұмыс орнынан заңсыз жалақы алушы адам.*

**ӨГЕЙШӨП** <лат. tussilago> зат. өс. *Ылғалды жерлерде өсетін, күнбағыстың басына ұқсас, сары гүлді, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ӨГЕЙШІЛІК** зат. *Жаттық, бөтендік; қаққы, соққы, тепкі.*

**ӨГІЗ** зат. **1.** *Күш көлігі ретінде пайдаланылатын сиыр малының піштірілген еркегі.* **2.** ауыс. *Шабан қимылдайтын, дөңкиген; көнбіс кісі.* **3.** ауыс. *Сезімсіз, топас кісі. // Мықты, ірі, алдырмайтын.*

**Өгіз арба**. *Өгізге жегілетін ырдуаны бар үлкен арба.* **Өгіз аяң**. *Өте шабан, баяу (жүріс, іс).* **Өгіз аяңға басты [салды, кірісті, көшті].** *Өте баяу қозғалды, жай жүрді.* **Өгіз аяңмен [митыңмен].** *Жайлап, ақырындап; ілбіп.* **Өгізге туған күн бұзауға да туады.** *Жасы, жолы үлкен адамның басында болған жағдай басқа адамның да басына түседі, соның кебін киеді деген мағынада.* **Өгізді өрге салсаң, қанатың талады.** *Қинамау, қиынға салмау туралы.* **Өгіз жон**. *Дөңкиген, жұмыр.* **Өгіз жүрек**. *Жүрек көлемінің ұлғаюы.* **Өгіз қара күші бар.** *Күшті, қарулы деген мағынада.* **Өгіз қабырға**. *Мықты, жуан қабырға.* **Өгіз құдай**. көне. сөйл. *Табынатын өгіз бейнесі.* **Өгіз митың.** *Өгіз аяң, мардымсыз жүріс.* **Өгіз олжа.** *Мол олжа.* **Өгіз сияқты.** *Бас-көзге қарамай, киіп-жарып жүре беретін кісіге айтылады.* **Өгіз соқа**. *Өгізге жегілген соқа.* **Өгіз терісі талыс.** поэт. *Үлкен, ауқымды, аумақты деген ел-жұрттың баламасы ретінде.*

**ӨГІЗДЕЙ** сын. **1.** *Өгіз сияқты, өгіз тәрізді.* **2.** ауыс. *Дөңкиген, үлкен, дәу.*

**Өгіздей болып**. *Дәп-дәу, ұп-үлкен бола тұра деген мағынада.* **Өгіздей қара күші бар.** *Мықты, алып, күшті.* **Өгіздей өкірді**. *Қатты дауыс шығарып жылады, бақырды.* **Өгіздей өңкиген**. *Денесі дәу, үлкен, өңірейген.* **Өгіздей өңмендеп**. *Жолындағыны баса-жанша, кимелеп.* **Өгіздей өңіреп**. *Өгіздей өкіріп, бақырып.* **Өгіздей өрге сүйреді**. *Жақсарту үшін бар күшін аямады, ерінбей, жалықпай еңбек етті.*

**ӨГІЗДІ** сын. *Өгізі бар, өгіз мінген.*

**ӨГІЗДІК** сын. *Өгізге татитын.*

**ӨГІЗКӨЗ** зат. өс. <лат. anchusa> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдіктер.*

**ӨГІЗҚҰРАЙ** зат. *Өсімдік аты.*

**ӨГІЗТАРТЫС** зат. ойын. этн. *Екі адам еңбектеп тұрып, мойындарына арқан салып тартысатын ойын; бұқатартыс.*

**ӨГІЗТІЛ** зат. өс. <лат. anthemis> *Лайлауықтар тұқымдасына жататын бір, екі және көп жылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ӨГІЗШАҒАЛА** зат. зоол. <лат. Larus argentatus> *Балықпен қоректенетін, құйрығы қысқа, ақ бауыр үлкен құс; шағаланың бір туысы.*

**ӨГІЗШЕ**[1] зат. *1,5–2 жастағы жас өгіз; піштірілген тайынша.*

**ӨГІЗШЕ**[2] үст. *Өгіз тәрізді, өгіз секілді.*

**Өгізше өкірді**. *Өкіріп жылады, бақырды.*

**ӨЖДАН** зат. сөйл. ***Ождан.***

**ӨЖДАНДЫҚ** зат. *Ар, намыс, ұяты болушылық.*

**ӨЖДАНСЫЗДЫҚ** зат. *Арсыздық, ұятсыздық, намыссыздық.*

**ӨЖЕКТЕ=** ет. жерг. *Өршелене айтысу, қызыл кеңірдек болу, сөз таластыру; өзеуреу.*

**ӨЖЕКТЕС=** ет. *Сөз таластырысу, өршелене айтысу.*

**ӨЖЕКТЕСУ** *Өжектес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕЛЕН=** ет. жерг. ***Өршелену, өзеуреу.***

**ӨЖЕЛЕНУ** *Өжелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕҢДЕ=** ет. *Өршелену, өкіреңдеу, ерегісу.*

**ӨЖЕҢДЕС=** ет. *Ерегісу, өршеленісу, өкіреңдесу.*

**ӨЖЕҢДЕСУ** *Өжеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕҢДЕУ** *Өжеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТ** сын. **1.** *Ойын іркілмей, қысылмай, бетке айтатын, еш нәрседен қорықпайтын.* **2.** *Батыл, қайсар, қайтпайтын.* **3.** *Өткір, батыл.* **4.** *Қыран құстардың шақар, өткірлігі.*

**ӨЖЕТ-ӨТКІР** сын. *Батыл, жаужүрек, ер.*

**ӨЖЕТСУ** *Өжетсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТСЫМАҚ** сын. *Өжет сияқты, батылсымақ.*

**ӨЖЕТСІ=** ет. сөйл. ***Өжетсін.***

**ӨЖЕТСІН=** ет. *Батылсыну, батырсыну, ерсіну.*

**ӨЖЕТСІНУ** *Өжетсін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТТЕН=** ет. *Батырсыну, батылдану; қорықпау.*

**ӨЖЕТТЕНДІР=** ет. *Батылдандыру, өршелендіру.*

**ӨЖЕТТЕНДІРУ** *Өжеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТТЕНУ** *Өжеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТТЕНІҢКІРЕ=** ет. *Өжеттене түсу, батылдану.*

**ӨЖЕТТЕНІҢКІРЕУ** *Өжеттеніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЖЕТТЕУ** сын. *Батылдау, ержүректеу.*

**ӨЖЕТТІ** сын. *Батыл, жаужүректеу.*

**ӨЖЕТТІК** зат. *Батылдық, жаужүректік.*

**ӨЖЕТТІЛІК** зат. *Адамның ерік-жігер, жүректілік, батылдық, төзімділік, қайсарлық секілді қасиеттерімен үндесіп жататын, көбінесе ержүрек, батыл адамдардың бойында кездесетін ұнамды қасиет.*

**ӨЖЕТТІРЕК** сын. *Батылырақ, өр мінезділеу.*

**ӨЖІР** <лат. Schtschurovskia> зат. өс. *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

**ӨЖІРЕ** зат. жерг. **1.** *Қора.* **2.** *Үй, бөлме.*

**ӨЗ** есім. **1.** *Іс-әрекетті, затты, нәрсені меншіктенуші, иеленуші жақ.* **2.** *Субъектінің өзі, сөйлеуші жақ.* **3.** *Таныс, ішіміздегі деген мағына. // Басқаны былай қойғанда, ең зор мықты деген адамның өзі деген мағынада.*

**Өз адамы.** *Сөзін сөйлейтін, өзіне жақын, сенуге болатын.* **Өз айғағы өзінде.** *Куәгері, айыптаушысы өзінен-өзі біліну тұр деген мағынада.* **Өз аққұласы.** этн. *Ұл баланың олжа, сүйіншіге алған, аталған мал-мүлкі.* **Өз ақылың өзіңе.** *Ақылгөйсіме, өзіңе қарап ал, өз жөнімді өзім білемін деген мағынада.* **Өз алақанындай біледі.** *Жақсы таниды, түп-түбегейлі біліп алған.* **Өз алдына**. а) *Жеке, бөлек.* ә) *Былай қойғанда деген мағынада.* б) *Ерекше, басқаша.* **Өз алдына түтін түтетті.** *Жеке үй болды, отау тікті, шаңырақ көтерді.* **Өз аузы өзіне жетті.** *Өз жағдайын өзі жасай алатын халге жетті.* **Өз аузынан естіді.** *Басқадан емес, тікелей өзінен білді.* **Өз аулының иті қапты.** *Жақын адамынан опасыздық көрді, жақыны сатып кетті.* **Өз аяғына мінді.** *Өзімен-өзі болып, жетіліп кетті.* **Өз аяғына мініп кетті.** *Өз күнін өзі көрді.* **Өз аяғынан келген.** көне. *Құда түсіп алмаған, «кездейсоқ» деген ұғымда әйелді кемсіте айтуда қолданылады.* **Өз аяғынан іздеп бармады.** *Өзі іздеп бармады; өздігінен барғысы келмеді* **Өз әлінше.** а) *Өзінше, өз бетінше.* ә) *Өз хал-қадарынша, өз шамасынша.* **Өз әнін өзіне айтты.** мысқыл. *Төмен, сапасыз, түкке тұрғысыз әрекет іс туралы.* **Өз бармағын өзі шайнап.** *Ыза-кектен, дәрменсіздіктен іштей тынғандықты бейнелеген сөз.* **Өз басы**. *Өзі, жеке басы.* **Өз басым.** сөйл. *Сөйлеушінің жеке өзі, өзі.* **Өз басына келтірді.** *Біреуге істегені өз алдынан шықты.* **Өз басына өзі жау.** *Өзіне-өзі залал, кесір жасау мағынасында айтылады.* **Өз басына өзі жетті.** *Келген жаманшылық өзінің ниетінен, өзінің өзгеге жасаған қиянатынан болды деген мағынада.* **Өз басын күйттеді [қайттады].** *Өз жанын күтті, өзінің ғана қамын ойлады.* **Өз басын қорғады.** *Ортақ қиындықтан қорқып, өз басын алып қашты.* **Өз басыңа пайда қыл.** *Тіршілік қыл, жағдайыңды түзе, пайдаңды ойла деген мағынада.* **Өз басы өз мойнына жүк болып.** *Басын көтере алмай деген мағынада.* **Өз батпағына тұншықты.** бейн. *Былығына батып кетті, өзінің былықтырғанына өзі батты.* **Өз бетімен.** а) *Жеке, дара, өз жөнімен, өз жайымен.* ә) *Ешкімнің көмегінсіз, өздігінен.* б) *Ешкімнің рұқсатынсыз, ақылдаспай.* **Өз бетімен кетті.** *Өз жолымен жүрді, өзі ойлағандай әрекет етті, өз жөнімен кетті.* **Өз бетінше.** а) *Өз дегені, білгені бойынша, өз еркі өзінде.* ә) *Бет алған жағына, өздігінен.* **Өз білігі өзінде.** *Ешкімге тәуелді емес, ерікті.* **Өз бойы жеткен жер.** экспр. мысқыл. *Шамасы,*

*өресі әрең келетін істі «білемінге» салушылық туралы.* **Өз білгені оң болды.** *Ісі, әрекеті дұрыс болмаған, жұртқа зорлық қылған адам туралы.* **Өз білгені өзінде.** *Әркімнің білім шарқы әр басқа, біреудің біреуге ақылының қажеті жоқ деген мағынада.* **Өз білігінен айналды.** *Жердің өз білігінен, осінен бір рет айналуы туралы.* **Өз дәрежесінде.** *Қажетті мазмұнына сәйкес, өз деңгейінде.* **Өз дегені.** *Айтқаны, діттегені, мақсаты.* **Өз дегені болды.** *Айтқанын істеді, ойындағы дітінен шықты.* **Өз дегенінен қайтпады.** *Біреудің айтқанына көнбеді, қасарысты.* **Өз еркімен.** *Өз ауанымен, өзінше.* **Өз еркімен жұмыстан босады.** ресми. *Өз ықтиярымен жұмыстан босатылуын сұрап өтініш жазды.* **Өз еркімен тиді.** сөйл. *Зорлықпен емес, өз қалауымен тұрмысқа шықты.* **Өз етін жұлып жеді.** *Азапқа көнді, қиындық көрді.* **Өз жолымен кетті.** *Ата-баба дәстүрін сақтады.* **Өз жөніне [жайына] кетті.** *Өзінше бөлек кетті.* **Өз жөніңмен жүр.** *Тыныш, ешкімге соқтықпай, жайыңа жүр деген мағынада.* **Өз кезінде.** *Уақытында, мерзімінде.* **Өз көзі.** *Өзіндік ерекшелік, көзқарас.* **Өз көзімен көрді.** *Көзі жетті, күдігін сейілтті.* **Өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген.** *Мән-жайға қанық, мәселенің басы-қасында болған деген мағынада.* **Өз көзімен қарады.** *Әркім өз түсінігі, өз білігінше ой түйеді деген мағынада.* **Өз көзіне өзі сенбеді.** *Қатты таңғалды, таңырқады.* **Өз күлкісіне өзі қарық болды.** *Өзінен-өзі мәз болды, масайрады.* **Өз күлшесіне күл тартты.** *Өз қамын ойлады, өзіне тартты.* **Өз күнін өзі көрді.** *Өз бетінше тіршілік етті, басқаға масыл болмады.* **Өз күнәсін өзі көтерді.** *Күнәсін мойнына алды, мойындады.* **Өз қағынан [өзі] жеріді.** а) *Өз жерінен кетті; туған-туыстарынан безді.* ә) *Көңілі суу.* **Өз қолымен.** а) *Өзі, өз ниетімен.* ә) *Тікелей өзі араласып; өз жазуымен.* **Өз қолымен көрге тықты.** *Көресінін көрсетті, сазайын тартқызды.* **Өз қолымен [қолынан] өткеру.** *Өзі араласу, істі өзі бітіру, бір іске қатысты болу, атқару.* **Өз қолын өзі кесе алмады.** а) *Жақынына жаманшылық істей алмады.* ә) *Амалы құрыды, еш нәрсе жасай алмады.* **Өз қолы өз аузына жетті.** а) *Тұрмысы түзелді, шаруасын оңдады.* ә) *Буыны бекіп ер жетті, азамат болды, есейді.* **Өз қотыр тайын бақты.** *Өз ісімен болып, басқаның ісіне бас сұқпады.* **Өз қотырын өзі қасыды.** *Өзіне тиісті істі өзі істеді.* **Өз қызығы өзімен.** *Өз бетінше, ештеңемен шаруасы болмаған деген мағынада.* **Өз маңайы.** *Өз іші, жақын-жұрағаты, өз адамдары.* **Өз мәпитіне.** *Өз алдына, жайына.* **Өз обалы өзіне.** *Басқаға өкпелемесін, өзінен көрсін деген мағынада.* **Өз ойымен өзі болды.** *Үндемей қалды, ойланып отырғаны көрінді.* **Өз орын өзі қазды.** *Өзіне-өзі қастық жасады; аңғалдық істеді.* **Өз табағын өзіне тартты.** *Біреудің өз істегенін өзінің алдына келтірді.* **Өз тұсынан.** *Өз тарапынан, өз бетімен.* **Өз тізгіні өз қолына тиді.** *Өзі би, өзі қожа болды.* **Өз үиімдей.** *Еркін сезініп, жайланып, қысылмай.* **Өз үйім, өлең төсегім [кең сарайдай боз үйім].** *Әркімге туған үйі, тұрағы қымбат деген мағынада.* **Өз үйінен қашты.** *Тентіреп кетті, босыды.* **Өзі бас-көз болды.** *Барлық іс-шараны өз жауапкершілігіне алды, қарады.* **Өзі би [патша], өзі қожа [хан].** *Толық ерікті, не істесе де еркі деген мағынада.* **Өзі болған.** *Өзінше өсіп жетілген, өзінше өсіп азамат болып, кемеліне келген.* **Өзі илейтін [уқалайтын] терінің пұшпағы.** *Түбінде өзі істейтін жұмыс.* **Өзі келіп ұрынды.** *Пәлені тілеп алды.* **Өзі кимес киімін кигізді [өзі мінбес жүйрігін мінгізді, өзі ішпес асын ішкізді].** *Тумаса да туғаннан артық күтті, еш нәрсесін аямады.* **Өзі қазған көріне көмілді.** *Жамандығы өзіне болды, өзін өзі орға құлатты.* **Өзі қазған орға өзі түсті.** *Біреуге жаманшылық істеймін деп өзі жамандық көрді.* **Өзім білем.** *Менмен, тәкаппар.* **Өзім деген.** а) *Іштей жақын, пайда-қыры тиер адам мағынасында.* ә) *Айтқанына көнетін, өзіне қараған, сенген.* **Өзім дегенде өгіз қара күші бар.** *Өзі үшін, өзіне келгенде жанын аямайды, бар қайратын салады деген мағынада.* **Өзім дегенді өзекке теппейді.** *Өзіне қараған жанға опасыздық жасамайды деген мағынада.* **Өзім деген кісіге өзегін жұлып [суырып] береді.** *Сенген адамынан еш нәрсесін аямайды; жанын да қияды.* **Өзімнен болды.** *Өзім кінәлімін, айып өзімде деген мағынада.* **Өзіме аз.** *Өз обалым өзіме.* **Өзіме жоқ к…ен боғымен піссін, ұл болмаса күл болсын.** *Не болса о болсын.* **Өзімен кетті.** *Бетімен лақты.* **Өзімен кетсін [өз басымен кетсін! өз қара басына көрінсін!]** қарғ. *Бәледен аулақ, бар жамандық соның өзіне болсын, өзімен бірге кетсін деген мағынада.* **Өзім кепіл.** *Өз жауапкершілігіме аламын, өзім ғана жауап беремін деген мағынада.* **Өзімнің мініме құлағым керең.** *Адам өз басындағы кемшілікті байқай немесе мойындай бермейді деген мағынада.* **Өзімізді өзіміз асырай алмай жүрміз.** *Өз күнін өзі көре алмай жүргенде біреуге көмектесу деген не жорық деген мағынада.* **Өзін адам сезінді.** *Көңілі бір жадырап қалды, өз ісіне риза болды.* **Өзін биік көрді [ұстады].** *Өзін бәрінен жоғары санады, ешкімді менсінбеді.* **Өзін бірдеме түртті.** *Бір жағымсыз жағдайға душар болғалы жүр.* **Өзіне аз.** *Сол керек еді, сауап болды.* **Өзіне де обал жоқ.** *Оған сол керек, өзінен көрсін, басқаға өкпелемесін.* **Өзіне қаратты.** *Баурап алды, өзіне жақ етті, өз жағына шығарып алды.* **Өзіне қарату.** *Ықыласын аудару, өзіне жақ ету, баурап алу.* **Өзінен көрді.** *Өзін кінәлі деп есептеді.* **Өзінен өзге жанды үндетпеді.** *Шешен сөйледі, тыңдаушысын ұйытты.* **Өзіне тиді.** *Іс-әрекеті, ниеті өзіне кесірлі болды.* **Өзін көрсетті.** *Өзін-өзі жақсы жағынан танытты.* **Өзін қайда қоярға білмеді [жер таппады].** *Бетінен оты шықты, берекесі кетті.* **Өзін қатерге берді.** *Өз басына қауіп төнсе де, өзгеге жақсылық жасады, өзін аямай өзгені құтқарды.* **Өзін ұстай алмады.** *Еркін билеуге шамасы келмеді, жеңілтектік жасады.* **Өзінің жайлы баспанасын ойлады.** *Жеке басының қамын, жағдайының жайлылығын ғана ойлады, өз күйін күйттеді.* **Өзінің кесапаты бастан асады.** *Жолап кеткенге залалын тигізеді деген мағынада.* **Өзінің пайдасына шешті.** *Мәселенің, істің өзіне оңтайлы болу жағын қарастырды.* **Өзің біл.** а) *Өзің шеш, өзің таңда, еркің білсін деген мағынада.* ә) *Қалауың білсін (болсын), шешімін өзің айт (жаса), ойлан деген мағынада.* **Өзің білме, білгеннің тілін алма!** қарғ. *Басқа кісінің ақылына көнбейтін, қырсық кісіге ескерту мәнінде айтылады.* **Өзіңе көпсінбесең.** *Артық болып кетті демесең, татымаймын демесең.* **Өзі өз болып [болғалы].** *Туғаннан, жаратылғаннан бері; өз қолы өз аузына жеткелі бері.* **Өзі теңдес [қатар].** *Жасы қатар, құрбы.*

**ӨЗАРА** үст. *Бірімен-бірі; екеуара.*

**Өзара әсер.** физ. *Денелердің бір-біріне өзара ықпал етуі, денелердің әртүрлі қалыпта өзгерістерге түсуі.* **Өзара байланыс.** *Екі жақ арасындағы тікелей екі жақты қатынас.* **Өзара бұғаттау.** инф. [interlock] *Компьютерде орындалып жатқан бірнеше процестерді қадағалау мен сәйкестендірудің аппараттық немесе программалық әдісі.* **Өзара есеп айырысу.** экон. *Қолма-қол ақшасыз есептесу.* **Өзара есепке алу.** қаржы. *Ақшалай қаражатты аудармай-ақ, субъектілер арасында есеп айырысу тәсілі.* **Өзара индукция коэффициенті.** физ. *Бір контурдағы ток күші өзгерген кездегі байланысқан контурдың екіншісіндегі индукция электр қозғаушы күшін анықтайтын коэффициент.* **Өзара қатынас.** *Бір-бірімен байланыс.* **Өзара қимыл.** әск. *Әскердің (күштердің) ұрыс (операция) мақсатына жетудегі мақсат-тары мен міндеттері, орны мен міндеттерді орындау уақыты және тәсілдері бойынша келісімді іс-әрекеттері, әскери өнер принциптерінің бірі.* **Өзара сақтандыру.** экон. *Сақтандыру арқылы қорғаудың ұйымдық нысандарының бірі.* **Өзара сын.** тар. совет. *Ұжым мүшелерінің бірінің кемшілігін бірі көрсететін жолдастық сыны.* **Өзара тәуелді тұлғалар.** экон. *Мәмілеге қатысушылар болып табылатын ағайын-туыстар; кәсіпорынның бірлескен иелері.* **Өзара тежеу.** инф. *Компьютердегі бірнеше процесті үйлестіру мен синхрондаудың аппараттық немесе программалық әдісі.* **Өзара үйлеспеушілік.** биол. *Қалыпты гаметалар түзе алатын қос жынысты ағзаларда өздігінен ұрықтандырудың мүмкін еместігі.* **Өзара шот.** экон. *Теңгермелеуші шот.*

**ӨЗБЕК** зат. *Өзбекстанның жергілікті халқы.*

**Өзбек тілі**. *Түркі тілдерінің оңтүстік-шығыс тармағы қарлұқ тобына жататын, өзбек халқының ана тілі.*

**ӨЗБЕКШЕ** үст. **1.** *Өзбек тілінде.* **2.** *Өзбек үлгісінде, өзбек мәнерінде.*

**ӨЗБЕКШЕЛЕ=** ет. **1.** *Өзбек тілінде сөйлеу.* **2.** *Өзбек тіліне аудару.* **3.** *Өзбек мәнеріне салу.*

**ӨЗБЕКШЕЛЕТ=** ет. **1.** *Өзбек тіліне аудар-ту.* **2.** *Өзбек тілінде сөйлету.* **3.** *Өзбек мәнеріне салғызу.*

**ӨЗБЕКШЕЛЕТУ** *Өзбекшелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗБЕКШЕЛЕУ** *Өзбекшеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗБЕКШІЛ** сын. *Өзбек халқының мұңын мұңдағыш, жоғын жоқтағыш, сөзін сөйлейтін.*

**ӨЗБЕКШІЛЕ=** ет. *Өзбек тәрізді іс-әрекет істеу.*

**ӨЗБЕКШІЛЕТ=** ет. *Өзбек мәнеріне салу.*

**ӨЗБЕКШІЛЕТУ** *Өзбекшілет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗБЕКШІЛЕУ** *Өзбекшіле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗБЕТТІЛІК** зат. *Өз бетімен, басқа адамның көмегінсіз шешушілік.*

**ӨЗГЕ** үст. *Бөлек, бөтен, басқа.* // *Басқа нысан, адам, зат.*

**Өзгеге не жорық.** *Бұл солай болғанда басқа адам не істемейді.*

**ӨЗГЕДЕЙ** сын. *Басқаша, бөтенше, бөлекше.*

**ӨЗГЕЛЕН=** ет. *Басқа түрге ену, өзгеру.*

**ӨЗГЕЛЕНУ** *Өзгелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕЛЕУ** сын. *Бөлектеу, басқашарақ.*

**ӨЗГЕЛІК** зат. *Бөлектік, бөтендік, басқалық.*

**Өзгелік етіс.** лингв. *Істің басқа біреу арқылы істелетіндігін білдіретін етіс.*

**ӨЗГЕ-МӨЗГЕ** ү с т . с ө й л . *Анау-мынау, пәлен-пәштуен.*

**ӨЗГЕ-ӨЗГЕ** ү с т . *Басқаның аты басқа, бөтеннің аты бөтен деген мағынада.*

**ӨЗГЕ-ӨҢГЕ** ү с т . *Бөтен, бөлек, басқа.*

**ӨЗГЕР=** е т. **1.** *Жаңару, ауысу, жаңа сапаға көшу.* **2.** *Басқаша болу, бұрынғыдай болмау.* **3.** *Үлкею, қартаю.* **4.** *Басшылықтың, басқарудың алмасуы.* **5.** *Басқа түрге ену, түсін ауыстыру.* **6.** *Ауыстырылу, басқаға алмастырылу.*

**Өзгерген жапырақ.** б и о л . *Өсімдіктер жапырақ тәрізді болып өзгеруі.* **Өзгерген өркен.** б и о л . *Түйнек, пиязшық, жертаған өркендері жетілетін буынаралықтары бар бүйір өркен.* **Өзгерген сабақ.** б и о л . *Жапырақ тәрізді болып өзгерген сабақ.* **Өзгеретін кескін.** и н ф . <ағыл. inverse vide> *Символдың түсін ая түсіне өзгерту арқылы символдарды экранда жарықтандыру әдісі.*

**ӨЗГЕРГЕНДІК** з а т . *Жаңғырғандық, алмасқандық, құбылғандық.*

**ӨЗГЕРГІШ** с ы н . **1.** *Басқа түрге енгіш, қоршаған ортаға бейімделгіш.* **2.** *Құбылмалы, тұрақсыз.* **3.** *Айнымалы, түрленгіш.*

**ӨЗГЕРГІШТЕУ** с ы н . *Жиі өзгеретін, құбылмалылау, тұрақсыздау.*

**ӨЗГЕРГІШТІК** з а т . **1.** *Басқа түрге, сапаға ауысушылық, өзгеретіндік.* **2.** б и о л . *Тірі ағзалардың өсіп-дамуы барысында өзін қоршаған орта әсеріне байланысты жаңа белгі-қасиеттер түзуі немесе өзінде бұрыннан бар белгі-қасиеттерін жоғалтуы.* **3.** и н ф . <ағыл. volatility> *Пән саласының қалып-күйінің өзгеруіне қарай оның жаңартылуынан тұратын, файлдарда немесе мәліметтер базаларында сақталатын ақпараттың қасиеті.*

**ӨЗГЕРЕК** с ы н . *Басқашалау, өзгешелеу; ерекшерек.*

**ӨЗГЕРЕКТЕУ** с ы н . *Өзгешелеу, басқалау.*

**ӨЗГЕРЕТІНДІК** з а т . *Өзгере беретіндік, құбыла беретіндік.*

**ӨЗГЕРМЕЛІ** с ы н . **1.** *Өзгеріп тұратын, құбылмалы, тұрақсыз.* **2.** *Қоршаған ортаның әсерінен басқа түрге енгіш.*

**Өзгермелі айырбас бағамы.** э к о н . *Халықаралық есеп айырысу жүйесі; елдердің ішкі рынокты теңдестіру мақсатымен айырбас бағамын өзгерту құқығы.* **Өзгермелі валюта бағамдары.** э к о н . *Валюталардың еркін толқымалы бағамдарының тәртібі; валютаны реттеудің рыноктық тетігінде негізделген қазіргі заманғы дүниежүзілік валюта жүйесінің құрылымдық құбылыстарының бірі.* **Өзгермелі пайыздық мөлшерлеме.** э к о н . *Орташа мерзімді және ұзақ мерзімді несие бойынша пайыздық мөлшерлеме.* **Өзгермелі шығындар.** э к о н . *Фирма өз өндірісінің көлемін көбейткенде (қысқартқанда) жалпы шамасы ұлғаятын (азаятын) шығындар; өзгермелі ресуртарға жұмсалатын шығындар.*

**ӨЗГЕРМЕЛІЛІК** з а т . *Өзгергіштік, құбылмалылық.*

**ӨЗГЕРТ=** е т. **1.** *Ауыстыру.* **2.** *Басқа ету.* **3.** *Бұзу.*

**ӨЗГЕРТКІШ** с ы н . **1.** *Жасампаз, игергіш.* **2.** *Басқа арнаға бұрғыш, алмастырушы.*

**Өзгерткіш бояу.** ә с к . *Жылжымалы объектілердің (танкілерді, автокөліктерді, сауытты көліктерді, зеңбіректі) түсі қоршаған ортаның негізгі аясына сәйкес келетін ірі дақтармен бояу арқылы бүркемелеу.* **Өзгерткіш ген.** б и о л . *Басқа гендермен өзара әрекеттестіріп, олардың фенотиптік көрінісін өзгертетін ген.*

**ӨЗГЕРТУ** *Өзгерт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басқаға ауыстыру.* **2.** *Бұзу, ауыстыру.* **3.** *Алмастыру, ауыстыру.* **4.** *Басқа түске ену.*

**Өзгерту режимі.** и н ф . <ағыл. playback mode> *Терминал жадында тұрған жазбаларды басып шығару мен өзгертуді жүзеге асыратын программаланатын терминалдың жұмыс режимі.*

**ӨЗГЕРТУСІЗ** с ы н . *Сол қалпында, өзгертпей.*

**ӨЗГЕРТУШІ** з а т . *Жасампаз, жаңалық әкелуші.*

**ӨЗГЕРТУШІЛІК** з а т . *Басқа түрге ауыстырушылық, жаңа сапаға көшушілік.*

**ӨЗГЕРТІЛ=** е т. *Ауыстырылу, алмастырылу, өзгешелену, басқаша етілу.*

**Өзгертілген тізім.** и н ф . *Жазбаларды жылдам іздестіруді жасақтайтын файл жазбаларының түйінді емес өрістері мәндерінің реттелген жинағы.*

**ӨЗГЕРТІЛУ** *Өзгертіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРТІҢКІРЕ=** е т. *Аздап өзгерту, басқашалай ету.*

**ӨЗГЕРТІҢКІРЕУ** *Өзгертіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРТІС=** е т. *Басқа түрге, түске ауыстырысу, ену, көшірісу.*

**ӨЗГЕРТІСУ** *Өзгертіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРУ** *Өзгер етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРУШІ** з а т . *Өзгеретін, өзгеріске түскен нәрсе.*

**ӨЗГЕРУШІЛІК** з а т . *Өзгеріске түскендік, өзгергендік.*

**ӨЗГЕРІЛ=** е т. **1.** *Басқа күй-қалыпқа алмастырылу.* **2.** *Өзгертілу.* **3.** *Жаңару, түрлену.*

**ӨЗГЕРІЛУ** *Өзгеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРІМПАЗ** с ы н . *Өзгере бергіш, өзгергіш.*

**ӨЗГЕРІМПАЗДЫҚ** з а т . *Өзгергіштік, өзгере бергіштік.*

**ӨЗГЕРІҢКІ** с ы н . *Сәл басқашалау.*

**ӨЗГЕРІҢКІРЕ=** е т. *Аздап өзгеру, басқашалану.*

**ӨЗГЕРІҢКІРЕУ** *Өзгеріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕРІС** з а т . **1.** *Бір нәрсенің бойындағы жаңалық, бұрынғы күйінен ерекшелеп тұрған айырмашылық.* **2.** *Ауытқу, өсу, жаңарушылық.* **3.** ә с к . *Бойлама осьтің айналасымен көкжиекке қатысты алғанда 180°-қа төңкерілген жағдайда ұшақтың шүйілуге айналуы.*

**Өзгеріс енгізді**. *Өзгертті, жаңартты.* **Өзгеріске түсті [ұшырады].** *Жаңа күйге ауысты, өзгерді.* **Өзгеріс кірді**. *Бұрынғысынан өзгерді, бас- қаша күйге ауысты.*

**ӨЗГЕРІССІЗ** с ы н . **1.** *Ешқандай өзгерісі жоқ; бәз-баяғы қалпы.* **2.** *Сол қалпы, айна-қатесіз, тура.*

**ӨЗГЕРІССІЗДІК** з а т . *Ешқандай өзгерісі жоқтық.*

**ӨЗГЕРІСТІ** с ы н . *Жаңалығы бар, бұрынғы күйінен ерекшелігі бар.*

**ӨЗГЕРІСТІЛІК** з а т . *Өзгерісі болушылық, айырмасы болушылық.*

**ӨЗГЕШЕ** ү с т . **1.** *Ерекше, айрықша; әдеттен тыс.* **2.** *Алабөтен, бұрын болмаған, біртүрлі.* **3.** *Бөтен, таныс емес, бұрын көрмеген.*

**Өзгеше бір.** *Қандай да айрықша, ерекше, бөлекше.*

**ӨЗГЕШЕЛЕЙ** ү с т . *Басқаша, ерекшелей.*

**ӨЗГЕШЕЛЕН=** е т. *Басқаша болу, ерекшелену.*

**ӨЗГЕШЕЛЕНДІР=** е т. *Өзгерту, ерекшелендіру.*

**ӨЗГЕШЕЛЕНДІРУ** *Өзгешелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕШЕЛЕНУ** *Өзгешелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕШЕЛЕУ**[1] с ы н . *Басқарақ, ерекшелеу.*

**ӨЗГЕШЕЛЕУ**[2] *Өзгешеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗГЕШЕЛІК** з а т . <лат. ego – мен> **1.** *Ерекшелік, айырмашылық.* **2.** *Айрықшалық.*

**ӨЗГЕРІС-ЖАҢАЛЫҚ** з а т . *Тұрмыстағы өзгеріс.*

**ӨЗГЕШЕРЕК** с ы н . *Ерекшелеу, басқашарақ.*

**ӨЗДЕН** з а т . тар. ***Бек.***

**ӨЗДЕРІН-ӨЗДЕРІ** ү с т . *Бірін-бірі, өз-өзін, өзара.*

**ӨЗДЕРІНЕ-ӨЗДЕРІ** ү с т . *Өзіне, өз-өздеріне.*

**ӨЗДЕРІНШЕ** ү с т . *Өз бетімен, өзінше.*

**ӨЗДИФФУЗИЯ** з а т . х и м . *Тұрақты құрамы бар бір тектес ерітінділердің, сондай-ақ таза жай және күрделі заттар құрауыштарының диффузиясы.*

**ӨЗДІГІМЕН** ү с т . с ө й л . ***Өздігінен.***

**ӨЗДІГІНЕН** ү с т . *Өз бетімен, өзінше; ешкімнің көмегінсіз-ақ.*

**Өздігінен ағу.** *Заттың құбырлар ішінде, науаларда және басқа да жабдықтарда өз салмағымен белгілі бір бағытта қозғалысқа келуі.* **Өздігінен жану.** к е н . *Жанатын материалдық (көмір, сульфидті рудалар және т.б.) заттың өзінде үздіксіз өрістейтін тотығу реакциясы нәтижесінде тұтануы.* **Өздігінен жемістену.** б и о л . *Жемістің ұрықтанбай түзілуі.* **Өздігінен жүретін зеңбірек.** ә с к . *Доңғалақ орнатылған зеңбірек түрі.* **Өздігінен көбею.** б и о л . *Организмнің өзі тектес құрылымдарды түзу қабілеттілігі.* **Өздігінен қызу.** к е н . *Көмірдің (сульфидті рудалардың) тотығу нәтижесінде температурасының табиғи көтерілу процесі.* **Өздігінен оталу.** к е н . *Химиялық реакциялардың өздігінен жеделдеуі.* **Өздігінен суармалау.** с у ш а р . *Су көзі деңгейі суармалы жер танабы деңгейінен едәуір жоғарыда орналасуына байланысты ағындының жер желілері арқылы суарылатын танаптарға өздігінен ағып келуі.* **Өздігінен таралушылар.** б и о л . *Өсімдіктердің тұқымдары мен споралаларының желдің, жануарлардың, құстардың, судың әсерінсіз өздігінен шашылуы.*

**ӨЗДІГІНШЕ** ү с т . *Ешкімнің көмегінсіз, өз бетімен.*

**ӨЗДІК** ү с т . *Өзбетіндік, ешкімнің көмегінсіздік.*

**Өздік есімдік**. л и н г в . *Тек тәуелдік жалғауының бірінде тұрып қана көптеліп, жіктеліп қолданылатын өз сөзінен жасалатын есімдік.* **Өздік етіс**. л и н г в . *Іс-әрекеттің сөйлеушінің өзі арқылы орындалғанын көрсететін етіс.* **Өздік жұмыс.** п е д . *Оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша өзі ізденіп, орындайтын жеке тапсырмасы.* **Өздік индукция.** ф и з . *Өткізгіш контурдағы ток күші өзгергенде сол контурда индукциялық ЭҚК-нің пайда болу құбылысы.* **Өздігінен тозаңдану.** б о т . *Аталық тозаң сол гүлдің аналық аузына тасымалдануы.*

**ӨЗДІ-ӨЗІ** ү с т . **1.** *Бір-бірімен, өзара.* **2.** *Оңаша, бір өзі.*

**Өзді-өзі дауласты.** *Екеуара бөлініп, таласты, керісті.*

**ӨЗЕГІРЕК** сын. *Өзектеу, кішкене ғана өзек (жер).*

**ӨЗЕК**[1] зат. **1.** *Жауын, қар суынан пайда болған, созылған ойыстығы 3–15 м-ге жететін ені тар, кішірек сай.* **2.** сушар. *Қолаттан қазған ордың тереңдігі, беткей-биіктігі және құламасымен ерекшеленетін бедердің теріс нысаны.*

**ӨЗЕК**[2] зат. **1.** бот. <лат. medulla> *Өсімдік сабағы мен тамырының ортасындағы жұмсақтау бөлік, жіңішке қуыс.* **2.** этн. *Қамшы өрімінің арасына салынатын ұзынша қатты зат (қорғасын, қайыс т.б.).* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің негізі, арқауы; желісі.* **4.** биол. <Scapus> *Құс қауырсынының негізгі бөлігі.*

**Өзек болды**. *Негіз етті, арқау болды.* **Өзек етті**. *Негіз болды, арқау етті.* **Өзектен соққан сом темір.** *Мықты, мызғымас берік ұғымында айтылады.*

**ӨЗЕК**[3] зат. **1.** *Жұтқыншақтан асқазанға дейінгі ас өтетін жол, өңеш.* **2.** ауыс. *Ең қымбат, аяулы нәрсе.*

**Өзегі кепті.** *Қаңсыды, сусырады.* **Өзегін берді.** *Жанын салды, аянбады.* **Өзегіне от [өрт] салды**. *Ішкі сезімін қозғады, жүрегін тербеді.* **Өзегіне өрт [шоқ, от] түсті**. а) *Қызғаныш оты лаулады, іші күйді.* ә) *Қайғырды, қапаланды, күйінді.* **Өзегін жандырды [күйдірді].** *Өзегі өртенді.* **Өзегін жарып шыққан**. *Өзінен туған, перзент.* **Өзегін өртеді.** *Жанына батты, күйіндірді.* **Өзегін тілді**. а) *Иіс қолқаны ашытты.* ә) *Ішін өртеді, күйіндірді.* **Өзегі өртенді.** а) *Іші күйді, қызғанды.* ә) *Күйінді, өкінді, қасірет шекті, қайғырды, қапаланды.* **Өзегі талды**. *Қарны ашты, ашықты.* **Өзегі үзілді**. а) *Қарны ашты, тамақ ішкісі келді, ұздікті.* ә) *Егілді, елжіреді, езілді, жаны ашыды.* **Өзек жалғады**. *Аздап тамақ ішті; жүрек жалғады.* **Өзекке тепті.** *Мейірімсіздік көрсетті, жамандық істеді.*

**ӨЗЕК**[4] зат. *Ұңғы, ствол.*

**ӨЗЕК-АРҚАУ** зат. *Негіз, жүйе, желі.*

**ӨЗЕКЖАРДЫ** сын. **1.** *Таңдаулы, озық.* **2.** *Ерекше, айтарлықтай.* **3.** *Өмірлік, өз ішінен шыққан.*

**ӨЗЕК-ӨРНЕК** зат. *Өрнекті арқау, желі, үлгі.*

**ӨЗЕКСІЗ** сын. *Негізсіз, мәнсіз.*

**ӨЗЕКТЕ=** ет. **1.** *Өзек салу, өзек жүргізу.* **2.** ауыс. *Көмкеру, әсемдеу.*

**Өзектеп соққан сом темір.** *Мықты, мызғымас, берік ұғымында айтылады.*

**ӨЗЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Өзек салыну, өзек араластырылу.* **2.** ауыс. *Маңыздану, негізделу.*

**ӨЗЕКТЕЛУ** *Өзектел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТЕН=** ет. **1.** *Өзек пайда болу, өзек жару.* **2.** ауыс. *Өзекті болу, маңызы арта түсу.*

**ӨЗЕКТЕНУ** *Өзектен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТЕС=** сын. *Бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас; негізі бір.*

**ӨЗЕКТЕС=** ет. *Сабақтасу, байланысу; үндесу.*

**ӨЗЕКТЕСТІК** зат. *Сабақтастық, байланыстылық.*

**ӨЗЕКТЕСТІР=** ет. *Байланыстыру, сабақтастыру.*

**ӨЗЕКТЕСТІРУ** *Өзектестір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТЕСТІРІЛ=** ет. *Байланыстырылу, ұштастыру.*

**ӨЗЕКТЕСТІРІЛУ** *Өзектестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТЕСУ** *Өзектес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТЕУ**[1] сын. *Өзексымақ, ойлау (жер).*

**ӨЗЕКТЕУ**[2] *Өзекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТІ**[1] сын. *Өзегі бар, сай-салалы (жер).*

**ӨЗЕКТІ**[2] сын. **1.** *Сабағының ортасы қуыс, өзегі бар (өсімдік).* **2.** ауыс. *Ең басты, негізгі, маңызды, келелі (мәселе).*

**Өзекті ақпарат.** инф. <ағыл. actual information> *Өзгерген жұмыс жағдайында өз маңызын жоғалтпайтын ақпарат, зерттеу аймағында объектінің қалып-күйінен келген сәтте дәлме-дәл бейнелейтін ақпараттар жиыны.* **Өзекті бұта.** *Өркендерінің іші қуыс немесе жұмсақ болатын бұта.* **Өзекті қалып-күй.** инф. *Пәндік саланың ұсынылатын объектілердің қалып-күйін дәл бейнелейтін мәліметтердің күйі.* **Өзекті мәселе.** *Көкейтесті, сол кезеңдегі басты мәселе.*

**ӨЗЕКТІ**[3] сын. **1.** *Өзегі бар.* **2.** ауыс. *Жаны бар, тіршілігі бар.*

**Өзекті жан.** бейн. *Бойында жан бар тірі адам.* **Өзекті жанға бір өлім [өлім-ақ].** *Екі өлмек жоқ, жан иесіне бір қаза бары ақиқат деген мағынада.*

**ӨЗЕКТІЛЕН=** ет. *Өзекті болу, өзектілігі арту.*

**ӨЗЕКТІЛЕНУ** *Өзектілен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕКТІЛІК** зат. *Маңыздылық, келелілік, мәнділік, қажеттілік.*

**ӨЗЕКШЕ** зат. *Кішігірім өзек, кішкене ғана өзек.*

**ӨЗЕЛЕН=** ет. жерг. ***Өзеуре***.

**ӨЗЕЛЕНУ** *Өзелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕН** зат. **1.** *Жер бетіндегі табиғи арнамен тұрақты немесе жыл маусымдарының көпшілік уақыттарында ағатын су ағыны.* **2.** *Қоныс, жайылым, жұрт.*

**Өзен алабы.** сушар. *Су ағындары жеке өзенге немесе өзен жүйелеріне келіп қосылатын жер бетінің белгілі бір аумағы.* **Өзен аңғары.** а) *Негізінен өзендердің эрозиялық әрекеттерінің нәтижесінде пайда болатын жер бедерінің созылмалы пішіні.* ә) *Жер бетіндегі енсіз, әдетте, ұзына бойы иреленіп созылып жатқан ойқастау, жалпы еңістегі өзеннің бастауынан сағасына қарай бағытталған жер.* **Өзен бассейні.** сушар. *Су айрықтарымен шектелген және су олардан өзенге (көлге, теңізге) ағып баратын жер бетінің бір бөлігі және топырақ жыныс қабаты.* **Өзен бастауы.** сушар. *Арнада тұрақты ағыс байқалатын орын.* **Өзен бойы.** *Өзен жағалауы, жағасы, қоныс.* **Өзенді өрледі.** *Өзен ағысына қарсы, жағалап жүрді.* **Өзен желісі.** сушар. *Кез келген аумақтағы барлық өзендердің жиынтығы; гидрографиялық желінің бір бөлігі.* **Өзен жүйесі.** сушар. *Суы бір-біріне қосылып, теңізге немесе көлге бір сағамен құятын негізгі өзен мен оның салаларының жиынтығы.* **Өзен ирелеңі.** *Өзен суының айналымы салдарынан пайда болатын, өзен арнасының жоғарыдан қарағанда байқалатын иіні, бүгілісі.* **Өзен көлігі.** сушар. *Ішкі су жолдары (өзен, көл, канал, бөген) арқылы жүк және жолаушылар тасымалдайтын көлік түрі.* **Өзен қосарналылығы.** сушар. <лат. bifurcus> *Өзеннің және оның аңғарының екі тармаға бөлініп ағуы.* **Өзен құламалылығы.** *Өзен бастауының су деңгейі мен оның сағасының су деңгейінің немесе өзеннің кез келген телімінің екі нүктесінің деңгейлік белгілерінің айырмасы.* **Өзеннің сағалық алабы.** геогр. *Ұзындығы бойынша өзенге тән гидровликалық режім біртіндеп теңсіздік режімге өте бастайтын өтпелі аймақ.* **Өзеннің сулылығы.** *Қандай да бір кезең ішінде (он күнде, айда, маусымда, бір немесе бірнеше жылда) ұзақ жылдардағы орташа мәнімен салыстырғандағы (осы кезеңдегі нормасымен) өзенмен ағып келетін судың мөлшері.* **Өзен сағасы.** *Өзеннің теңізге, көлге, бөгенге немесе өзінен үлкенірек өзенге құяр тұсы.* **Өзен суының тартылуы.** *Түсетін жауын- шашынның мөлшері азайып, оның сүзілу мен булануға көп жұмсалатын кезінде өзен арнасындағы ағыстың жойылуы.* **Өзен тасыды.** *Қар, жауын суының молаюынан өзен арнасынан асып ақты.* **Өзен тасындылары.** геол. *Ағыс күшімен тасымалданатын және арнадағы, жайылымдағы шөгінділерді қалыптастыратын қатты, минералды бөлшектер.* **Өзен эрозиясы.** геогр. *Аққан судың шаю әрекеті.*

**ӨЗЕНДЕЙ** сын. *Өзен сияқты, өзен тәрізді.*

**Өзендей күркіреді.** бейн. *Батылсып, еркінсіп мүдірмей сөйлеу туралы.*

**ӨЗЕНДІ** сын. *Өзені көп, өзен ағып жатқан (жер).*

**ӨЗЕН-КӨЛ** зат. *Өзені, көлі, суы бар жер.*

**ӨЗЕН-САЙ** зат. *Өзені мен сайы.*

**ӨЗЕН-СУЛЫ** сын. *Өзені, суы мол жер.*

**ӨЗЕНСЫМАҚ** зат. *Өзен тәрізді кішкене су, жылға.*

**ӨЗЕНСІЗ** сын. *Өзені жоқ, өзен ақпаған.*

**ӨЗЕНШЕ** зат. *Кішігірім өзен, кішкене өзен.*

**ӨЗЕНШІ** зат. *Өзен бойында (пароходта, кемеде т.б.) жұмыс істейтін адам.*

**ӨЗЕНШІК** зат. сөйл. ***Өзенше***.

**ӨЗЕУЛЕН=** ет. сөйл. ***Өршелену.***

**ӨЗЕУЛЕНУ** *Өзеулен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕУРЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта айтып отырып алу, өз айтқаны болмаса, басқаның сөзіне жеңістік бермеу.* **2.** *Көзімен ішіп-жеу, ынтығу, құмарту.* **3.** *Өліп-өшу, ұздігу.* **4.** *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, өбектеу.*

**ӨЗЕУРЕН=** ет. *Өліп-талу, өзеуреу.*

**ӨЗЕУРЕНУ** *Өзеурен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕУРЕС=** ет. *Қызыл кеңірдек болып дауласу, әркім өзінің ойын бастырмалату.*

**ӨЗЕУРЕСУ** *Өзеурес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕУРЕТ=** ет. *Үздіктіру, өліп-талдыру.*

**ӨЗЕУРЕТУ** *Өзеурет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗЕУРЕУ** *Өзеуре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗ-ӨЗІ** есім. *Бірімен-бірі, өзара.*

**Өз-өзінен бүлінді.** *Жайдан-жай отырып, бұлқан-талқан болды.*

**ӨЗ-ӨЗІНЕ** есім. *Өзіне-өзі.*

**ӨЗ-ӨЗІНЕН** үст. *Қараптан-қарап тұрып, бостан-босқа.*

**ӨЗТҰТАНҒЫШТЫҚ** зат. физ. *Ұнтақ металдардың ашық ауада тотығуының нәтижесінде өздігінен тұтануы.*

**ӨЗТҰТАНУ** зат. физ. *Жанғыш жүйенің жалын немесе қыздырылған дене қатысынсыз тұтануын туғызатын химиялық реакция жылдамдығының тез өсуі.*

**ӨЗІ**[1] зат. *Басқа емес, дәл өзі деген мағынада.*

**ӨЗІ**[2] шыл. *Әуелі, айтып-айтпай деген мағынадағы демеулік.*

**ӨЗІМБІЛЕРМЕНДІК** зат. *Өзім білемге салушылық, кеудемсоқтық.*

**ӨЗІМЕН-ӨЗІ** үст. *Еш нәрсемен ісі жоқ, шаруасы болмай.*

**Өзімен-өзі әлек болды**. *Басқамен ісі жоқ, өз басымен өзі әуре болды, әбігерге түсті.* **Өзімен-өзі болды**. а) *Өз ойымен өзі әуреленді, өз басымен кетті.* ә) *Ешкіммен ісі болмады, жеке бөлек болды.*

**ӨЗІМЕ-ӨЗІМ** есім. *Өз-өзіме, жеке басыма.*

**ӨЗІМСУ** *Өзімсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗІМСІ=** ет. *Өзіне санау, өзіне жақын тұту, өзім деп білу.*

**ӨЗІМСІН=** ет. *Өзіне жақын тұту, өзіне санау.*

**ӨЗІМСІНУ** *Өзімсін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗІМШІЛ** сын. **1.** *Қара басының қамын, өз пайдасын ғана ойлайтын (адам).* **2.** ауыс. *Менмен, тәкаппар, өркөкірек.*

**ӨЗІМШІЛДЕУ** сын. *Өркөкіректеу, тәкаппарлау, менмендеу.*

**ӨЗІМШІЛДІК** зат. **1.** *Өз пайдасын ойлаушылық, жеке басының мүддесін көздеушілік.* **2.** *Менмендік, өркөкіректік, тәкаппарлық.*

**ӨЗІМШІЛІК** зат. *Өзімшілдік, менмендік.*

**ӨЗІНДЕ** шыл. *Өзінен бұрын тұрған ілік септікті сөзбен тіркесіп келіп, «солай болғанда», «солай болған күнде» деген мағына береді.*

**ӨЗІНДЕЙ** есім. *Өзі сияқты, тең, қатар.*

**Өзіндей көрді.** а) *Сырын жасырмады, сенді.* ә) *Кемсінбеді, тең тұтты.*

**ӨЗІНДІК** сын. **1.** *Өзіне ғана тән; дербес, жеке.* **2.** *Өзіне жетерлік, өзіне лайық.* **3.** ауыс. *Сөзін сөйлейтін, сенімді (адам).*

**Өзіндік баға.** экон. *Тауарды шығаруға немесе сатып алуға жұмсалған қаражат, құн.* **Өзіндік етіс.** сөйл. ***Өздік етіс***. **Өзіндік құн**. экон. *Кәсіпорынның белгілі бір өнімді өндіруге жұмсаған жалпы шығыны, сомасы.* **Өзіндік құн калькуляциясы.** экон. *Өнім өндіруге және өткізуге, жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге жұмсалатын шығынды ақшаға шағып есептеу.* **Өзіндік құнның индексі.** экон. *Есепті кезеңдегі өнеркәсіп өнімінің өзіндік құны деңгейінің базистік кезеңдегі деңгеймен салыстырғанда өзгеруін сипаттайтын индекс.* **Өзіндік пікірі бар.** *Өз ұстанымынан шығатын ой-топшылауы бар, өзгелердің айтқанына бас ие бермейтін.* **Өзіндік пікірі жоқ.** *Өзіндік ойы, көзқарасы жоқ.* **Өзіндік сана.** *Жеке адамның өзіне тән білімі.* **Өзіндік сана-сезім**. психол. *Адамның өзін практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі, жеке тұлға ретінде ұғынуы және бағалауы.*

**ӨЗІНЕН-ӨЗІ** үст. **1.** *Қараптан-қарап тұрып, жайдан-жай.* **2.** *Айтпаса да, онсыз да.*

**Өзінен-өзі қуыстанды.** *Қараптан-қарап секем алды, сезіктенді.*

**ӨЗІНЕ-ӨЗІ** үст. *Өз басына, өз-өзіне.*

**Өзіне-өзі келді.** *Ес жиды, әлденді.* **Өзіне-өзі келе алмады.** *Ес жия алмады.* **Өзіне-өзі қастық қылды.** *Басына пәле тілеп алды, жамандыққа өзі себепкер болды.* **Өзіне-өзі қожа.** *Өз еркі өзінде, ешкімге тәуелсіз (адам).* **Өзіне-өзі қызмет ету.** *Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жетілдірілген әдістерінің бірі.* **Өзіне-өзі сенімді.** *Өз күшіне сенді.* **Өзіне-өзі сеніп кеткен.** *Бір өзінен басқаға сеніп үйренбеген.*

**ӨЗІН-ӨЗІ** үст. **1.** *Өз басын өзі, қара басын.* **2.** ауыс. *Жақынын, ағайынын.*

**Өзін-өзі алдау**. *Өзінің мүмкіндіктерін дәл түсіне алмау.* **Өзін-өзі бағалау**. *Адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі.* **Өзін-өзі басқару.** а) пед. *Ұжым мүшелерінің өз ұжымдарына басшылық етіп, басқару әрекеті.* ә) қоғ. *Өз-өзіне ие болу, басшылық жасау.* **Өзін-өзі биледі.** а) *Өзін қолға алды, бойын тежеді.* ә) *Өзін-өзі басқарды, сырттан басшы шақыртқан жоқ, ешкімге жалтақтамады.* **Өзін-өзі билей алмады.** *Еркінен айрылды, шарасыз болды.* **Өзін-өзі жетілдіру**. *Өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын, тәндік, жандық, рухани күш-қуатын сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объективтік процесс.* **Өзін-өзі көрсетті**. *Өзін басқадан артық санады.* **Өзін-өзі қамшылады.** *Өзіне-өзі дем берді, желік берді.* **Өзін-өзі сілкіді.** *Өзін қайрады, дем берді.* **Өзін-өзі тәрбиелеу**. пед. *Адамның өзінің теріс қылықтарын жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіру жөніндегі саналы, мақсатты іс-әрекеті.* **Өзін-өзі тұсады.** поэт. *Өзіне ерік бермеді, тыйым салды.* **Өзін-өзі ұмытты.** *Бір іске бар жанымен беріліп кетті.* **Өзін-өзі ұстау**. *Адамның өз іс-әрекетінің шырқын бұзатын, көңіл күйіне ықпалы болатын жағдаяттарда өз қарекетін жүзеге асыруға қабілеттілігі.*

**ӨЗІНШЕ** үст. **1.** *Өз шамалауынша, өз байымдауынша, өз білгенінше.* **2.** *Өз шама-шарқынша, өз әлінше.* **3.** *Өз бетімен, өз еркімен.* **4.** *Жеке, дара, дербес.*

**Өзінше бір.** *Ерекше, айрықша.*

**ӨЗІНШЕЛЕ=** ет. *Өзінше айту, өз білгенінше өзгерту.*

**ӨЗІНШЕЛЕУ** *Өзіншеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЗІҢДЕЙ** сын. *Өзі сияқты, өзі тәрізді.*

**Өзіңдей көр.** *Басқаны да өзің сияқты деп біл, тең сана.*

**ӨЙ** од. **1.** *Таңданғанда, таңырқағанда айтылатын сөз.* **2.** *Ренжіп, кейіс білдіргенде айтылатын сөз.*

**ӨЙБӨЙ** од. сөйл. ***Ойбай***.

**ӨЙБУ** од. сөйл. ***Ойбай***.

**ӨЙБҮЙ** од. сөйл. ***Ойбай***.

**ӨЙДЕ=** ет. сөйл. *«Олай де» сөзінің қысқартылып айтылуы.*

**ӨЙ-ДӨЙТ** од. *Біреуді көтермелеу, қоштау, кекету кезінде айтылатын сөз.*

**ӨЙТ** ет. сөйл. *«Олай ет» сөзінің қысқартылып айтылуы.*

**ӨЙТ-БҮЙТ=** ет. сөйл. *Олай ет, бұлай ет.*

**ӨЙТКЕНМЕН** шыл. *Олай болғанмен, қанша дегенмен; үйткенмен.*

**ӨЙТКЕНШЕ** үст. *Олай еткенше.*

**ӨЙТКЕНІ** шыл. *Олай болған себебі, үйткені.*

**ӨЙТПЕЙІНШЕ** үст. *Олай етпейінше; әйт- песе.*

**ӨЙТУ** *Өйт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЙТІП-БҮЙТІП** үст. *Амалдап, лаждап, есебін тауып.*

**ӨК** од. *Сиыр малын айдау, қайыру кезінде айтылатын ишарат сөз.*

**ӨКЕКТЕ=** ет. *Бой бермеу, өршелену, артықшылығын көрсетуге тырысу.*

**ӨКЕРШІК** зат. жерг. *Ешкінің асығы.*

**ӨКПЕ**[1] зат. <лат. pulmone> **1.** *Адам мен жан-жануарлардың тыныс алу мүшесі. // Өкпенің кеуде қуысындағы жатқан жері (тұсы). // Сойған малдың тамаққа пайдаланылатын ішкі мүшесі, өкпесі.* **2.** анат. <лат. pulmones> *Сыртқы қоршаған орта мен жануарлар ағзасы қан айналым жүйесі аралығындағы газ алмасуды қамтамасыз ететін, тыныс алу жүйесінің орталық мүшесі.* **3.** ауыс. *Өкпеге суық тиюден, микроб түсуден пайда болатын адам мен малда кездесетін жұқпалы ауру; өкпе ауруы.*

**Өкпеге тепті**. *Жанын көзіне көрсетті, азап тарттырды.* **Өкпеге шалдықты**. *Өкпе ауруымен ауырды.* **Өкпе қатерлі ісігі**. мед. *Өкпе рагі, адам өкпесіне түскен қатерлі ісік; созылмалы ауру.* **Өкпемен қақты.** көне. *Шошынып ауырған адамды күн батарда қолтығынан, кеудесінен өкпемен ұрып емдеді.* **Өкпемен қақтырды.** діни. *Жаңа сойған қойдың өкпесімен қағып, ұру арқылы емдом жасады.* **Өкпесі алқынды.** *Демікті, тынысы тарылды.* **Өкпесі аузына [алқымына] тығылды**. *Жүрегі қағып, алқынды, ентікті, өкпесі өшті; демікті.* **Өкпесі жүрмеді.** *Реніші өтпеді.* **Өкпесі күйді**. *Қатты алқынды, ентікті; өкпесі өшті.* **Өкпесі қабынды.** мед. < грек. preumon> *Өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпе ауруына ұшырауы.* **Өкпесі қарлықты**. жерг. *Өкпесі аузына тығылды.* **Өкпесі қысылды**. *Тынысы тарылып, дем алуы қиындады.* **Өкпесін ала жүгірді.** а) *Ренішін айтты.* ә) *Асығып-аптықты.* **Өкпесін аузына тістеп**. *Екі өкпесін қолына алып.* **Өкпесін аузына тістеп айтысты.** *Қоймай, қатты айтысты.* **Өкпесіне суық тиді**. *Өкпесі қабынып, суық тиіп ауырды.* **Өкпесін қысты**. *Тынысын тарылтты, жанын жай таптырмады.* **Өкпесін сүйреді**. *Денсаулығы нашар адам туралы айтылады.* **Өкпесін сүйретті.** *Қиналды, зорланды.* **Өкпесі өшті**. а) *Қатты жүгіргендіктен дем алуы қиындап, ентікті, алқынды.* ә) *Діңкесі құрып шаршады, болдырды.* **Өкпе тұс**. *Қаптал жақ; сырт жақ.*

**ӨКПЕ**[2] зат. *Наз, реніш; көңіл қалушылық.*

**Өкпе айтты**. *Реніш білдірді, наз айтты.* **Өкпе арқалады.** *Өкпеледі, өкпесін іште сақтады.* **Өкпе артты**. *Өкпеледі, ренжіді.* **Өкпеге қимады**. *Ренжіспеді, өкпе-наз қылмады.* **Өкпе жазды**. *Реніш білдірді, өкпеледі.* **Өкпе жүрмейді**. *Өкпелеуге, ренжуге болмайды деген мағынада.* **Өкпе қылды [етті]**. *Ренжіді, өкпеледі.* **Өкпеңді қи.** *Ренжіме,өкпелегенді қой, бір жолға кешір деген мағынада.* **Өкпе сақтады**. *Өкпеледі, ренжіді.* **Өкпе сызы**. *Көңілдегі қаяу, реніш.* **Өкпесі жоқ**. *Реніші, көңіл қаяуы жоқ.* **Өкпесі қара қазандай [таудай, батпандай]**. *Қатты өкпелі, ренжулі.* **Өкпесі қозды.** *Өкпе-реніші асқынды, араздасты.* **Өкпесі тарқады**. *Өкпе-реніші басылды, өкпелегенін қойды.*

**ӨКПЕ-АРАЗ** сын. *Татулығы жоқ, өкпелі.*

**Өкпе-араз болды**. *Араздасты, өкпелесті, татулығы жойылды.*

**ӨКПЕ-АРАЗДЫҚ** зат. *Татулығы жоқтық, араздық.*

**ӨКПЕАУРУЫ** зат. мед. <лат. tuberculum> *Туберкулез таяқшасы арқылы ауадан жұғатын негізінен өкпені зақымдайтын жұқпалы ауру.*

**ӨКПЕ-БАЗЫНА** зат. *Көңілі жақын адамға айтылатын өкпе.*

**ӨКПЕ-БАУЫР** зат. *Өкпе, бауыр, жүрек сияқты ішкі мүшелер.*

**Өкпе-бауыр жалы бар.** *Әлі де күші бар, бір шабардай күйі бар.* **Өкпе-бауыры елжіреді**. сөйл. *Жүрегі елжіреді, езілді.*

**ӨКПЕДЕЙ** сын. *Өкпе сияқты, өкпе тәрізді.*

**ӨКПЕК** сын. **1.** *Ызғарлы, азынаған, ышқына соққан суық, өңменнен өтіп кететін (жел). // Ызғарлы, суық жел. // Желдің өті.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, азап, мұң-шер.*

**Өкпек жел**. а) *Өңменнен өтетін суық жел.* ә) бейн. *Қиыншылық, азап.*

**ӨКПЕКТЕ=** ет. **1.** *Желдің уілдей соғуы, екпіндеуі.* **2.** ауыс. *Дегбірсізденү, қорбаңдап жорғалақтау.*

**ӨКПЕКТЕТ=** ет. *Желдің екпіндете соғуы.*

**ӨКПЕКТЕТУ** *Өкпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКПЕКТЕУ** *Өкпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКПЕҚАП** зат. анат. <грек. pleura> *Өкпенің сыртқы сірі қабығы.*

**Өкпеқап қуысы**. биол. <clavum pleuralis, лат. cavum – қуыс, грек. pleura – өкпе> *Өкпе орналасқан сірлі қабық қуысы.*

**ӨКПЕҚҰРТ** зат. **1.** мед. *Адамда болатын өкпе гельминтоз ауруы.* **2.** вет. *Малда болатын өкпе гельминтоз ауруы.*

**ӨКПЕЛЕ=** ет. *Біреуге кінә арту, ренжу; көңіл қалу.*

**ӨКПЕЛЕГЕНСУ** *Өкпелегенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКПЕЛЕГЕНСІ=** ет. *Өкпелегендей болу, өкпелеген мінез көрсету.*

**ӨКПЕЛЕГІШ** сын. *Жиі өкпелейтін, өкпешіл.*

**ӨКПЕЛЕГІШТІК** зат. *Өкпешілдік, ренжігіштік.*

**ӨКПЕЛЕС=** ет. *Ренжісу, кінә артысу.*

**ӨКПЕЛЕСУ** *Өкпелес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКПЕЛЕТ=** ет. **1.** *Ренжіту, көңілін қалдыру.* **2.** ауыс. *Тағдыр тәлкегіне түсу, бағы ашылмау.*

**ӨКПЕЛЕТУ** *Өкпелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКПЕЛЕУ** *Өкпеле етістігінің қимыл атауы. Ренжу, көңілі қалу.*

**ӨКПЕЛЕУШІЛІК** зат. *Біреуге өкпелегендік, ренжушілік.*

**ӨКПЕЛІ** сын. *Өкпелеген, ренішті.*

**ӨКПЕЛІК**[1] зат. *Мал, адам өкпесінің тұсы; бүйірі.*

**ӨКПЕЛІК**[2] зат. сөйл. ***Өкпелеушілік***.

**ӨКПЕ-НАЗ** зат. *Көңіларaздық, реніш, базына.*

**Өкпе-наз артты**. *Өкпеледі, ренжіді.* **Өкпе-назын ұмытты**. *Өкпелегенін қойды, татуласты, реніші басылды.*

**ӨКПЕ-НАЗДЫҚ** зат. *Базыналық, ренiштік, көңіларaздық.*

**ӨКПЕ-НАЛА** зат. *Кейіс, реніш, өкпе.*

**ӨКПЕ-САҚПА** зат. сөйл. ***Өкпе-сөкпе***.

**ӨКПЕ-РЕНІШ** зат. *Өкпелегендік, ренжігендік, көңілі қалғандық.*

**ӨКПЕ-СӨКПЕ** зат. сөйл. *Өкпе-нала, өкпе-реніш.*

**ӨКПЕСІЗ** сын. *Ренішсіз; өкпелі емес.*

**ӨКПЕСІЗ-ҚАҚПАСЫЗ** сын. сөйл. *Өкпе-аразсыз, ренішсіз.*

**ӨКПЕШІ** сын. сөйл. ***Өкпешіл***.

**ӨКПЕШІЛ** сын. *Не болса, соған өкпелейтін, жиі ренжігіш.*

**ӨКПЕШІЛДІК** зат. *Өкпелей бергіштік, ренжігіштік.*

**ӨКСЕ=** ет. сөйл. ***Көксе***.

**ӨКСЕУ** *Өксе етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКСУ** *Өксі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКСІ=** ет. **1.** *Қатты күйінгендіктен солқ-солқ етіп, назаланып жылау.* **2.** ауыс. *Дүниеден опық жеу, қайғы-қасірет тарту, налу.*

**Өкси күрсінді**. *Қатты күйінішін шығарып, аһылап-үһіледі.*

**ӨКСІК** зат. **1.** *Қатты күйініп, жылаған кездегі ықылық, солық.* **2.** ауыс. *Қайғы-қасірет, өкініш, күйік.*

**Өксігін баса алмады.** *Жылауын (солығын) тоқтата алмады.* **Өксік атты**. *Жылағанын баса алмай, ықылық атты.* **Өксік болды.** *Уайым-қайғыға батты, шерлі болды.* **Өксіп келіп жетті.** *Армандай аңсап, сағына аңсап кеп табысты.*

**ӨКСІКСІЗ** сын. *Қайғы-қасіретсіз, мұңсыз, шерсіз.*

**ӨКСІКТІ** сын. *Күйініші мол, қайғы-қасіретті, мұңды, шерлі.*

**Өксікті болды.** *Қапалы болды, шерлі болды.*

**ӨКСІТ=** ет. **1.** *Солқылдата жылату, зар еңірету.* **2.** ауыс. *Қайғы-қасірет шектіру, шерменде ету.*

**ӨКСІТУ** *Өксіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕ=** ет. **1.** *Ұлғаю, өршу, күшею.* **2.** *Жылдамдату, тездету; суыт жүру.* **3.** ауыс. *Күш көрсету, өктемдік жасау, омыраулау.*

**ӨКТЕМ** сын. **1.** *Күшті, пәрменді, тегеурінді.* **2.** *Қатқыл, зор (дауыс).* // *Артық, биік, жоғары тұратын.*

**Өктем дауыс.** *Күш көрсете сөйлеген дауыс.* **Өктем мінезді**. *Тегеурінді, өр мінезді (адам).* **Өктем сөйледі**. *Дауыс көтере бастырмалата сөйледі, ірілік танытты.* **Өктем іс қылды.** *Зорлық-зомбылық көрсетті, бағындырды.*

**ӨКТЕМДЕ=** ет. *Өршелену, күшею, қарқындау.*

**ӨКТЕМДЕЛ=** ет. сөйл. ***Өктемден.***

**ӨКТЕМДЕЛУ** *Өктемдел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМДЕН=** ет. *Өршелену, күшею, ірісінсу, зораю.*

**ӨКТЕМДЕНУ** *Өктемден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМДЕТ=** ет. *Күшейту, өршелендіру, зорайту, ірісіту.*

**ӨКТЕМДЕТУ** *Өктемдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМДЕУ**[1] *Өктемде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМДЕУ**[2] сын. *Басымдау, қарқынды; үстемірек.*

**ӨКТЕМДІ** сын. *Қарқынды, әлуетті, пәрменді, тегеурінді.*

**ӨКТЕМДІК** зат. *Күш-қуаттың басымдылығы, үстемдік, зорлық.*

**Өктемдік жасады.** *Күш көрсетті, зорлық қылды.*

**ӨКТЕМДІЛІК** зат. *Үстемділік, басымдылық.*

**ӨКТЕМДІРЕК** сын. *Өктемірек, өктемдеу.*

**ӨКТЕМСУ** *Өктемсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМСІ=** ет. **1.** *Күш көрсету, менсінбеу.* **2.** ауыс. *Бой бермеу, өршелену.*

**ӨКТЕМСІН=** ет. *Өктемдік таныту, басыну, үстемдік көрсету.*

**ӨКТЕМСІНУ** *Өктемсін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕМШІЛ** сын. *Өктем сөйлейтін, үстемшіл.*

**ӨКТЕМШІЛДІК** зат. *Өктем сөйлейтіндік, үстемшілдік.*

**ӨКТЕМШІЛІК** зат. *Өктемдік, үстемшілік.*

**ӨКТЕМІРЕК** сын. *Үстемірек, басымырақ, қатқылдау.*

**ӨКТЕТ=** ет. *Күшейту, үдету.*

**ӨКТЕТУ** *Өктет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКТЕУ** *Өкте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКШЕ** зат. <лат. calcaneum> **1.** *Адам мен кейбір хайуан табанының артқы бөлігі.* **2.** ауыс. *Аяқкиімнің өкше тұратын бөлігі.* **3.** ауыс. *Жүріс бағытының арт жағы, желке тұсы.*

**Өкше аударды**. *Басқа жаққа көшті; қоныс аударды.* **Өкше басып жүрген**. *Кіші болғанмен, жас мөлшері қарайлас, жас деңгейі шамалас (адам).* **Өкшеге батқан [қадалған] шөңге [шөгір].** *Ауыртпалық, қиыншылық.* **Өкше көтерді.** *Басқа жаққа кетті, орын ауыстырды.* **Өкшесі жерге тимеді**. *Тез жүгірді, қолды-аяққа тұрмай дамыл таппады.* **Өкшесі қанамады**. *Бала таппады, құрсақ көтермеді.* **Өкшесін алдырды.** *Шаршап-шалдықты.* **Өкшесін басты.** *Тетелес өсті.* **Өкшесіне қаранды.** *Сәнденді, бой түзеді.* **Өкшесіне түсті**. *Қыр-соңынан қалмай аңдыды.* **Өкшесін жалтыратты [өкшесін көрсетіп, табанын жалтыратты**.] *Тайып тұрды, көзін жоғалтты.* **Өкшесін жерге тигізбеді.** а) *Аяғының ұшымен жүрді.* ә) *Жаяу жүргізбеді, аяғын жерге тигізбей күтті.* **Өкше тиек.** муз. *Домбыраның ішек бекітілетін тиегі.* **Өкше тіреді**. *Бір орынға тұрақтады, табан тіреді.*

**ӨКШЕБАСАР** сын. *Жас мөлшері жақын, тетелес (адам).*

**ӨКШЕЛЕ=** ет. **1.** *Өкшесімен жүру, өкшесімен басу.* **2.** ауыс. *Қарасынан көз жазып қалмай, соңына түсу, қыр соңынан қалмау, тақымдау.* **3.** ауыс. *Қадағалап сұрау.* **4.** ауыс. *Естен шықпау, ұмытылмау.* **5.** ауыс. *Ілесу, қатарласу, жету.*

**Өкшелеп қуды.** *Ізбе-із, қалмай қуды.*

**ӨКШЕЛЕС** сын. *Бір-біріне шамалас, деңгейлес.*

**ӨКШЕЛЕС =** ет. *Қатарласу, үзеңгілес болу, қалмай ілесу.*

**ӨКШЕЛЕСТІК** зат. *Бір-біріне шамаластық, деңгейлестік.*

**ӨКШЕЛЕСУ** *Өкшелес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКШЕЛЕТ=** ет. *Ізбе-із қалмай қуу, соңына түсіп құдалау.*

**ӨКШЕЛЕТУ** *Өкшелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКШЕЛЕУ** *Өкшеле етістігінің қимыл атауы; соңына түсіп қуу.*

**ӨКШЕЛІ** сын. *Өкшесі бар, өкше қағылған.*

**ӨКШЕЛІК** зат. *Аяқкиім табанының өкше тұратын жері.*

**ӨКШЕ-ІЗ** зат. *Негізі, тегі, шыққан жері.*

**Өкше-ізіне түсті**. *Соңына түсті, қыр соңынан қалмады, артына түсіп қадағалады.*

**ӨКІЛ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның көзқарасын, мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам.* **2.** *Белгілі бір топтың (халықтың, ұйымның, таптың) атынан келген кісі.*

**Өкіл ата [әке]**. *Туған баласы болмаса да, қамқор болып жүрген орта жастағы не жасы келген ер адам.* **Өкіл бала**. *Тумаған, асыранды бала.* **Өкіл күйеу.** көне. этн. а) *Қыз әкесіне емес, қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіттің қатысы.* ә) *Жасы үлкен кісі мен жасы кіші кісі арасында болатын тамырлық.*

**ӨКІЛДІК** зат. **1.** *Белгілі бір қызметті атқаруға берілген билік, құқық.* **2.** *Бір елдің көзқарасын білдіретін, мүддесін қорғайтын мекеме.*

**Өкілдік етті**. ресми. *Белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның т.б. атынан мәміле не басқа да құқықтық маңызы бар әрекет жасады.*

**ӨКІЛЕТ** зат. ресми. *Атқаратын қызметіне сай лауазымды тұлғаға берілген қайсыбір мәселені шешуге қажет құқықтар мен міндеттер кешені.*

**ӨКІЛЕТТІ** сын. **1.** *Толық құқықты.* **2.** ауыс. *Қадірлі, беделді.*

**Өкілетті өкіл.** ресми. *Белгілі бір құқық берілген өкіл.*

**ӨКІЛЕТТІК** зат. *Белгілі бір міндеттелген істі орындауға құқықтылық. // Өкіл болушылық.*

**ӨКІЛЕТТІЛІК** сын. *Толық құқықтылық.*

**ӨКІЛ-МӨКІЛ** зат. сөйл. *Өкілсымақ.*

**ӨКІЛСУ** *Өкілсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІЛСІ=** ет. *Өкіл болғансу, өкілмін деп нығыздану.*

**ӨКІМ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір мәселе жөнінде шығарылған шешім, байлам; үкім.* **2.** заң. *Өкімет немесе басқару органы өзінің құзыреті шегінде шығарған және арналған адамдар үшін орындалуға міндетті акт.* **3.** *Билік, әмір, үстемдік.*

**ӨКІМ**[2] сын. сөйл. ***Өктем.***

**Өкім қылды.** *Бұйырды, өктемдік қылды.*

**ӨКІМДЕ=** ет. сөйл. ***Өктемде.***

**ӨКІМДЕН=** ет. *Өктеу, зулау, қарқындау.*

**ӨКІМДЕНУ** *Өкімден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІМДЕУ** *Өкімде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІМДІ** сын. *Өктем, бұйрықты.*

**ӨКІМДІК** зат. сөйл. ***Өктемдік.***

**ӨКІМЕТ** [ар. حكومة] зат. **1.** *Саяси үстемдік, билік.* **2.** сөйл. *Билік иесі, әкім.* **3.** сөйл. *Мемлекеттік құрылысты басқару жүйесі; үкімет.* **4.** ауыс. *Мемлекет тарапынан орындалатын істі жүзеге асыратын өкілдігі бар әкім.*

**Өкімет басы.** сөйл. *Мемлекеттің жоғары билік органы.*

**ӨКІМЕТСІЗ** сын. *Биліксіз, әкімсіз.*

**ӨКІМЕТТІК** зат. сөйл. *Әкім болушылық.*

**ӨКІМЕТШІ** зат. сөйл. *Билік басы, үкімет органында істейтін адам.*

**ӨКІМСУ** *Өкімсі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІМСІ=** ет. *Күш көрсету, баса-көктеу.*

**ӨКІМХАТ** зат. заң. *Бір жұмысты орындауға, белгілі бір өнімді (материалдарды, дайын бұйымдарды т.б.) беруге немесе жөнелтуге берілген құжат, өкім.*

**ӨКІМШІ** зат. *Билік айтушы, үкім шығарушы.*

**ӨКІН=** ет. *Опық жеу, санын соғу, қапы қалу.*

**Өкінгеннен не пайда?** *Болған іс болды, опық жеп, «әттеген-ай» дегенмен қайтып орнына келмейді деген мағынада.*

**ӨКІНДІР=** ет. *Опық жегізу, қапы қалдыру.*

**ӨКІНДІРУ** *Өкіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІНЕ-ӨКІНЕ** үст. *Опық жеп, қапы қалып, әбден өкініп.*

**ӨКІНЕРЛІК** сын. сөйл. *Өкінішті.*

**ӨКІНТ=** ет. *Өкіндіру, опық жегізу.*

**ӨКІНТУ** *Өкінт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІНУ** зат. психол. *Істелген әрекеттің қателігін, адамгершілікке жат немесе қылмысты болуы салдарын сезініп, ар-ождандық күйзеліс күйін білдіретін ой нәтижесі.*

**ӨКІНУ** *Өкін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІНУЛІ** сын. *Қамығулы, опық жеген, қапалы.*

**ӨКІНУШІ** зат. *Опық жеуші, ренжуші, уайымдаушы.*

**ӨКІНІС=** ет. *Опық жеп, қапы қалысу, өткен іске қапа болысу.*

**ӨКІНІСУ** *Өкініс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІНІШ** зат. *Белгілі бір сәтсіздікке байланысты туған реніш, қапа болушылық.*

**Өкінішке қарай.** *Өкініштісі, өкінерлік жері.* **Өкінішке орай.** сөйл. *Бір өкініштісі, қап дегізгені.* **Өкініш қылды.** *Өкінді, опық жеді.*

**ӨКІНІШСІЗ** сын. *Уайымсыз, қайғысыз, renішсіз.*

**ӨКІНІШТІ** сын. *Опық жеген, ренішті. // Өкінетін, қапа болатын жері.*

**Өкінішті өмірдің жұбанышындай жан.** *Көңіл қошын келтіретін құрметті адам деген мағынадағы қолпаштау сөз.*

**ӨКІНІШТІЛІК** зат. *Опық жеушілік, реніштілік, реніш көрсетушілік.*

**ӨКІР=** ет. **1.** *Бұқа, өгіздің, сиыр малының күжілдеп-күрілдеп күшті дыбыс шығаруы.* **2.** ауыс. *Бақырып, дауыс шығарып жылау.* **3.** ауыс. *Жанына батып немесе қатты қорыққанда жан даусы шығып ақыру.* **4.** ауыс. *Пойыздың, паровоздың жүрерде не тоқтарда белгі беріп, қатты дыбыс шығаруы.* **5.** ауыс. *Өзен-судың тас талқан болып арнасынан асып толуы.*

**ӨКІРЕЙ=** ет. *Менменсу, өкіреңдеу.*

**ӨКІРЕК** сын. **1.** *Ақырған, бақырған (дауыс).* **2.** ауыс. *Өз айтқанынан қайтпайтын, ұрда жық, өр кеуде.*

**ӨКІРЕКБАЙ** зат. экспр. *Өркөкірек, дөкір.*

**ӨКІРЕКТЕ=** ет. **1.** *Қатты дауыс шығару, ақыраңдау.* **2.** ауыс. *Бой бермеу, өршелену, өзеурeу.*

**ӨКІРЕКТЕН=** ет. *Ақыраңдап өршелену, бой бермеу.*

**ӨКІРЕКТЕНУ** *Өкіректен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕКТЕС=** ет. *Әкіреңдесу, әкірең-әкірең етіп, айғайласу.*

**ӨКІРЕКТЕСУ** *Өкіректес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕКТЕУ** *Өкіректе етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕҢ** сын. *Ұр да жық, өр кеуде.*

**ӨКІРЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Өкіректе.***

**ӨКІРЕҢДЕС=** ет. *Өкірең-өкірең етісу, дарылғысу, шулау.*

**ӨКІРЕҢДЕСУ** *Өкіреңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕҢДЕУ** *Өкіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕШ** сын. *Өр кеуде, бірбет.*

**ӨКІРЕШТЕ=** ет. сөйл. ***Өкіректе.***

**ӨКІРЕШТЕН=** ет. ***Өкіректен.***

**ӨКІРЕШТЕНУ** *Өкірештен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕШТЕУ** *Өкіреште етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРЕЮ** *Өкірей етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРТ=** ет. **1.** *Сиыр малын дұрыс жайламай не бұзауын қоспай мөңіретіп қою.* **2.** бейн. *Пойыз, мәшине сияқты көліктердің жүріп бара жатқандағы гүрілдеп дыбыс шығаруы.* **3.** ауыс. *Көп етіп, молынан жасау, қырып-жою.* **4.** ауыс. *Үдету, асыру.*

**ӨКІРТУ** *Өкірт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРУ** *Өкір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРІК**[1] зат. *Қатты өкірген дыбыс.*

**ӨКІРІК**[2] зат. сөйл. ***Округ.***

**ӨКІРІП-БАҚЫР=** ет. *Айғайлау, өкіріп дауыс шығару.*

**ӨКІРІП-БАҚЫРУ** *Өкіріп-бақыр етістігінің қимыл атауы.*

**ӨКІРІС=** ет. **1.** *Сиыр малының қатты мөңіреуі.* **2.** *Көрiскенде т.б. жағдайда қайтыс болған адамды жоқтап дауыс шығарып, қатты жылау.*

**ӨКІРІСУ** *Өкіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛ=** ет. **1.** *Қаза болу, дүние салу.* **2.** ауыс. *Өшу, жоғалу, құру, жойылу.* **3.** ауыс. *Болымсыз тұлғада келіп аты өшпейді, ел есінде мәңгі сақталады деген мағынаны білдіреді.* **4.** ауыс. *Болымыз тұлғада келіп, мәңгілік болу, жоғалмау мағынасын білдіреді.*

**Өлген артық [жақсы].** *Ұятқа қалғанша, масқара болғанша жер басып жүрмегеннің өзі мақұл деген мағынада.* **Өлген жері осы.** *Қатты ұятқа қалды, ұсталды, қолға түсті т.б. мағынада.* **Өлгеніне қарамады.** *Аянбады, жанын салды.* **Өлгені тіріліп, өшкені жанды.** *Қуанышқа кенелді, үзілген үміті қайта жанды, мәз-мейрам болды.* **Өл де маған**. кейіс. *Құл болмаса, бұл болсын, одан әрмен деген мағынада.* **Өл деймісің**. сөйл. *Не қыл дейсің, қайтейін.* **Өл десең өліп, тіріл десең тірілейін**. *Не десең де айтқаныңа көнейін.* **Өлдіге санады**. *Өлді деп есептеді.* **Өле жаздады**. а) *Жаны қиналды, қысылды, қымтырылды.* ә) *Жаны қалмады, бәйек болды.* **Өлердегі сөзін айтты**. *Ақтарыла, қиыла сөйледі, жалынып шынын айтты.* **Өлер жерін [өлерін] білмеді.** *Абайламай, ойламай әрекет етті, арандар жерін байқамады.* **Өлеріне келді [таянды]**. *Қартайып, дүниеден қайтар шаққа жетті.* **Өлеріне көрінді**. *Дүние салған кісінің ақтық (соңғы) әрекеті, қылығы туралы айтылады.* **Өлмегенге қара жер**. *Қатты ұялған, қысылған кезде айтылады.* **Өлмегенге өлі балық жолығады**. *Қисыны келейін десе, қиыннан қиысады, бір нәрсенің септігі тиеді деген мағынада.* **Өлмесең ома [өме, өрем] қап!** қарғыс. *Өліп, құрып кет, жерге кір!* **Өлмесе өме [өмірем, өрем] қапсын!** қарғыс. *Жатқанынан тұрмасын, кеткенінен келмесін деген мағынада.* **Өлсе де айырылмайды**. *Қолынан шығармайды, ешкімге бермейді.*

**ӨЛАРА** зат. этн. *Ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт.*

**ӨЛГЕК** зат. малшар. *Туғаннан соң шу түспес бұрын ағатын сары түсті сұйық зат.*

**ӨЛГЕНДЕ** үст. сөйл. *Ешқашан, еш уақытта.*

**Өлгенде келмейді.** *Ешқашан келмейді.* **Өлгенде көрген.** *Өліп-талып, зарығып жүріп тапқан.*

**ӨЛГЕН-ЖІТКЕН** зат. *Әртүрлі себептермен өлген, құрыған, жоғалған адам немесе мал.*

**ӨЛГЕН-ТІРІЛГЕН: өлген-тірілгеніне қарамады**. *Ештеңені елең қылмады, ескермеді.*

**Өлген-тірілгенін білмеді.** *Жан-тәнін салды, жанын аямады.*

**ӨЛГЕНШЕ** үст. **1.** *Өмірінің соңына дейін, ақырғы демі біткенше, мәңгі бақи.* **2.** ауыс. *Соншама, тым, өте, шектен тыс.*

**Өлгенше жақсы көрді.** сөйл. *Жолына құрбан болардай сүйді, қадір тұтты.* **Өлгенше ұмытпады.** *Ғұмыр бойы есінен шығармады, қатты риза болды; жадында мәңгі жатталды.*

**ӨЛДӘ-БІЛДӘ** од. сөйл. *«Алланың атымен ант етейін, шындығы сол» деген мәндегі сөзқолданыс.*

**ӨЛДЕБАР** сын. *Құр сүлде; әйтеуір жүрген бір тірі жан.*

**ӨЛДІМ-ТАЛДЫМ: өлдім-талдым дегенде.** *Зорға, әрең-әрең дегенде.*

**ӨЛЕГІЗГЕН** сын. жерг. *Болар-болмас жарық, өлеусіреген.*

**ӨЛЕЗ** сын. жерг. *Бос, ынжық.*

**ӨЛЕЗДІК** зат. жерг. *Бостық, ынжықтық.*

**ӨЛЕКСЕ** зат. **1.** *Өлген жан-жануардың көмілмей қалған денесі, өлік.* **2.** *Өлген адамның денесі, мәйіт.* **3.** ауыс. *Қолынан көп нәрсе келе бермейтін, тіршілікке қабілеті аз, жасық адам; ынжық.* **4.** ауыс. *Жаман, имансыз адам туралы.*

**Өлексе көзденді**. *Көзі алары, жанары тайды, өлімсіреді.* **Өлексесін сүйретті**. *Тірі боп қалқиып бос жүрді, сүлдесін сүйреді.*

**ӨЛЕКСЕЛЕН=** ет. *Дәрмені кету, жанары таю, өлімсіреу.*

**ӨЛЕКСЕЛЕНУ** *Өлекселен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕКСЕЛЕУ** сын. *Жанары тайған, өлімсіреген.*

**ӨЛЕКСЕЛІК** зат. *Өлексе болғандық, құр сүлдесін сүйреткендік.*

**ӨЛЕКШІН**[1] зат. **1.** *Жолбарыстың ұрғашысы.* **2.** *Қасқыр мен иттің қаншығы.*

**ӨЛЕКШІН**[2] зат. *Өлексеге үйір, үлкен қарақұс; күшіген.*

**ӨЛЕКШІН**[3] зат. *Шегірткенің ұрғашысы.*

**ӨЛЕКШІНДЕЙ** сын. *Өлекшін тәрізді, өлекшін сияқты.*

**ӨЛЕҢ**[1] зат. *Ылғалды жерде бітік болып өсетін, көпжылдық майда шөп.*

**ӨЛЕҢ**[2] зат. *Өзен, су.*

**ӨЛЕҢ**[3] зат. **1.** әдеб. *Белгілі буын өлшемі бар, ырғаққа, ұйқасқа құрылған көркем шығарма; поэзия.* **2.** ауыс. *Ән, әуен.*

**Өлең айтты.** *Ән салды.* **Өлеңді көтерді.** *Әннің көтеріңкі, асқақ жерлерін шырқата айтты; басқа әншіні сүйемелдеді.* **Өлеңді қара терге малындырды.** бейн. *Көркемсөздің шебер ұйқасын келтірді.* **Өлең құрылысы.** әдеб. *Өлең өлшемдерінің жасалу жүйесі, дыбыс үндестігі мен ырғағына тән ерекшеліктерді белгілейтін шарттар мен заңдылықтар.* **Өлең қылды [етті].** а) *Өлеңге айналдырды, жырлады.* ә) *Өлеңге қосты.* **Өлеңмен сауық құрды.** поэт. *Өлең сөзді ағытты, еселеп жыр төкті.* **Өлеңнің отын жандырды.** *Жақсы өлең шығаруға итермеледі, ақындық шабыт әкелді.* **Өлеңнің өткірлігі.** *Ойының, сөзінің, өлеңінің шыншылдығы, бүкпесіз турашылдығы* **Өлеңнің пірі.** *Поэзия рухы, поэзия демеушісі.* **Өлеңнің сары қымызын сапырғызды.** бейн. *Майын тамызып тұрып ән айтқызды.* **Өлең өлшемі.** әдеб. *Біркелкі ырғақ сақтау үшін қолданылатын өрнек.* **Өлең ұйқасы.** әдеб. *Тармақтың соңындағы бірнеше буынның келесі тармақтарға сәйкес буындармен үйлесуі.* **Өлең ырғағы.** әдеб. *Өлеңдегі белгілі ырғақты, үлгі-өрнекті қолданудан туатын өлшем.*

**ӨЛЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Өлең шығару, құрастыру, өлең оқу.* **2.** *Әндету, өлең айту, шырқау.*

**ӨЛЕҢДЕТУ** *Өлеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕҢДІ**[1] сын. *Өлең шөбі мол, көп.*

**Өлеңді жерге өрт қойды.** *Жүрген жерін, тыныш жұртты у-шу қылатын пәтуасыз, берекесіз адам туралы айтылады.*

**ӨЛЕҢДІ**[2] сын. *Өлеңі, әні мол, көп.*

**ӨЛЕҢДІК** сын. *Өлеңге, әнге тән, соған қатысты.*

**ӨЛЕҢ-ЖЫР** зат. *Әрі өлең, әрі жырды білдіретін жинақтауыш сөз.*

**ӨЛЕҢ-МӨЛЕҢ** зат. сөйл. *Өлең тыңдауды, айтуды ұнатпау мәнінде қолданылады.*

**ӨЛЕҢСӨЗ** зат. көне. *Өлең түрімен айтылған сөз.*

**ӨЛЕҢСЫМАҚ** зат. **1.** *Шығарған өлеңін қалай қабылдар екен деген ыңғайсыздануды танытуда қолданылады.* **2.** *Нашар жазылған өлең.*

**ӨЛЕҢСІЗ** сын. *Өлеңі жоқ, әні жоқ, өлең-ән аз айтылатын.*

**ӨЛЕҢТІ** зат. сөйл. ***Өлең[1]***.

**ӨЛЕҢШӨП** зат. өс. <лат. scirpus> *Қияқ – өлеңдер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ӨЛЕҢШІ** зат. **1.** *Ән айтатын адам, әнші.* **2.** *Ақын.*

**ӨЛЕҢШІЛ** сын. *Өлеңді сүйетін, өлеңқұмар, өлең айтқыш.*

**ӨЛЕҢШІЛДІК** зат. **1.** *Өлең жазғыштық, ақындық.* **2.** *Өлең айтқыштық, әншілдік.*

**ӨЛЕҢШІЛІК** зат. **1.** *Өлеңді сүюшілік, өлең-құмарлық.* **2.** *Әншілік.*

**ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ** үст. *Ақырғы демі біткенше; өмір бақи.*

**ӨЛЕПАТ** сын. *Қиын, қиыншылығы мол.*

**ӨЛЕРДЕЙ** үст. *Аса қатты, өте, шамадан тыс.*

**Өлердей жақсы көрді.** сөйл. *Ерекше қадірледі, сүйді, құрметтеді.* **Өлердей қорықты.** *Зәре-құты қалмады, қатты қорықты.* **Өлердей өш.** *Жаны қас; бітіспес жау.* **Өлеріне келді.** *Қартайды, дүниеден қайтар шаққа жетті.*

**ӨЛЕРЛІК** сын. *Өліп кететін, өлетін.*

**ӨЛЕРМЕН** сын. **1.** *Өлу халіне жеткен, өлмеші болған.* **2.** ауыс. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын, жанкешті, жансебіл.*

**ӨЛЕРМЕНДЕН=** ет. *Өлген-тірілгеніне қарамау, жанкештілік жасау, жансебілдену.*

**ӨЛЕРМЕНДЕНУ** *Өлерменден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕРМЕНДІК** зат. **1.** *Өлім халіне жетушілік, арып-ашып жүдеушілік.* **2.** ауыс. *Өлген-тірілгеніне қарамаушылық, жанкештілік.*

**Өлермендік қылды [етті, жасады].** *Қара күшке салды, жанкештілік жасады.*

**ӨЛЕРШЕ** үст. *Шегіне жеткізе, өлердей.*

**ӨЛЕСІ**: **өлесі болды**. *Өлер халге жетті, өлермен болды.* **Өлесі жақсы көрді**. *Тым жақсы көрді, қатты ұнатты.* **Өлесі қылды.** *Өлер халге жеткізді, өлердей етті.*

**ӨЛЕУРЕ=** ет. сөйл. ***Өлерменден***.

**ӨЛЕУРЕУ** *Өлеуре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕУСІРЕ=** ет. **1.** *Өлім халіне жету, өлермен болу.* **2.** *Әрең жану, сөніп бара жату, болар-болмас жылтылдау, күңгірттену (от, шам).* **3.** *Әлсіреп әрең естілу, бәсеңдеу (дауыс, дыбыс).*

**ӨЛЕУСІРЕТ =** ет. *Өлімсірету, бәсеңдету.*

**ӨЛЕУСІРЕТУ** *Өлеусірет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕУСІРЕУ** *Өлеусіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛЕШЕК** сын. *Өлермен, өлмекші болған, өлетін.*

**ӨЛКЕ**[1] зат. **1.** *Аймақ, өңір, атырап, дала.* **2.** әкімш. *Құрамына ұлт аудандары мен облыстары және округтері кіретін үлкен әкімшілік-территориялық бірлік.*

**ӨЛКЕ**[2] зат. *Өзен, сала.*

**ӨЛКЕК** сын. **1.** *Ызғарлы, суық жел.* **2.** *Майда қоңыр жел.*

**ӨЛКЕЛЕ=** ет. *Жағалау, бойлау.*

**ӨЛКЕЛЕС** сын. *Бір өлкеде, бір жерде тұратын; жерлес.*

**ӨЛКЕЛЕУ** *Өлкеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛКЕЛІ** сын. **1.** *Өлкесі бай; аймақты, көлемді.* **2.** *Өзенді.*

**ӨЛКЕЛІК** сын. *Өлкеге тән, қатысты, аймақтық.*

**Өлкелік газет.** *Бір өлке ауқымында таралатын қоғамдық ақпарат таратушы мерзімді басылым түрі.*

**ӨЛКЕТАНУ** зат. **1.** *Белгілі бір аймақты таныпбілудің жиынтық ұғымы.* **2.** *Белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы.*

**Өлкетану мұражайы [музейі]**. *Белгілі бір өлкені жан-жақты таныпбілуге арналған мұражай.*

**ӨЛКЕТАНУШЫ** зат. *Елдің белгілі бір аймағын таныпбілуші адам.*

**ӨЛМЕЙ-ЖІТПЕЙ** үст. *Аман-сау, шығынсыз.*

**ӨЛМЕЛІ** сын. *Жасы жетіп өлуге тақалған, әбден қаусаған.*

**ӨЛМЕС** сын. **1.** *Өлмейтін адам, тәм-тұзы таусыла қоймаған адам.* **2.** ауыс. *Жолы болғыш, жолы жеңіл адам.*

**Өлмес күнін көрді.** *Үйтіп-бүйтіп тіршілік етті.* **Өлмес күніңді көр**. *Тіршілік қамыңды ойла, өз бетіңмен әрекет ет.* **Өлместің күні.** *Қалт-құлт еткен тіршілік.* **Өлместің күнін көрді.** а) *Қалт-құлт етіп өмір сүрді, амалдап күнелтті.* ә) *Тіршілік қамын жеді, өз бетімен әрекет етті.* **Өлместің суы.** діни. миф. *Ішкен адамға Қияметтің күніне дейін мәңгілік өмір беретін су.*

**ӨЛМЕСТІК** зат. *Жойылмаушылық, өлмеушілік, өшпеушілік.*

**ӨЛМЕУСІРЕ=** ет. *Болар-болмас болу, сөнер-сөнбестей болу, сығырайып тұру (жарық).*

**ӨЛМЕУСІРЕУ** *Өлімеусіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛМЕШІ** сын. *Шықпа жаным шықпамен күн көрген.*

**Өлмешінің күні**. *Қалт-құлт еткен жағдай, күнкөріс, болмашы тіршілік.* **Өлмешінің күнін көрді**. *Шықпа жаным шықпамен тіршілік етті, әйтіп-бүйтіп күн көрді.*

**ӨЛТІР=** ет. **1.** *Өмірін жою, жоқ қылу, тірі қоймау.* **2.** ауыс. *Тұралату.* **3.** ауыс. *Қатты ұялту, дымын құрту.*

**Өлтіре әшкереледі**. *Шындықты тайсалмай айтты.* **Өлтіре сабады**. *Өлім халіне жеткізе ұрып-соқты.*

**ӨЛТІРГІШ**: **кісі [адам] өлтіргіш**. *Қанышезер; жауыз, қанішер.*

**ӨЛТІРТ=** ет. *Өмірден кетуге, өлуге итермелеу, жоқ қылдыру.*

**ӨЛТІРТКІЗ=** ет. *Көзін жойдырту.*

**ӨЛТІРТКІЗУ** *Өлтірткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛТІРТУ** *Өлтірт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛТІРУ** *Өлтір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛТІРУШІ** зат. *Кісі өлтірген адам.*

**ӨЛТҮРҮР=** ет. ескі кіт. *Өлтірер, өлтіретін.*

**ӨЛТІРІ** зат. этн. *Қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал.*

**ӨЛТІРІЛ=** ет. *Көзі жойылу, өмірі қиылу.*

**ӨЛТІРІЛУ** *Өлтіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛТІРІС=** ет. *О дүниеге аттандырысу, бірге өлтіру.*

**ӨЛТІРІСУ** *Өлтіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛУ** *Өл етістігінің қимыл атауы.*

**Өлуге бақыл.** *көне. Өлім алдындағы ризалық ету мағынасында.*

**ӨЛУСІРЕ=** ет. сөйл. ***Өлеусіре.***

**ӨЛУСІРЕТ=** ет. сөйл. *Өлеусірету, мөлиту.*

**ӨЛУСІРЕТУ** *Өлусірет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛУСІРЕУ** *Өлусіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛУШІ** зат. *Қаза болатын кісі.*

**ӨЛУШІЛІК** зат. *Қаза болушылық, о дүниеге аттанушылық.*

**ӨЛШЕ=** ет. **1.** *Заттың көлемін, салмағын, қысымын, ыстық-суықтығын т.б. сапаларын белгілі өлшем арқылы анықтау.* **2.** ауыс. *Алдын ала байыптау, ой елегінен өткізу; есептеу, шамалау.*

**ӨЛШЕГІШ** сын. *Бір нәрсені өлшейтін. // Өлшеуіш құрал.*

**ӨЛШЕК**[1] зат. кәс. *Диқандардың ауылдан тысқары жерде, егістіктің басына жаз айларына арнап тұрғызатын уақытша баспанасы.*

**ӨЛШЕК**[2] зат. хим. *Сыртында көлем мөлшерін көрсететін өлшеулі сызықтары бар, сұйықтықтың әртүрлі көлемдерін дәл өлшеу үшін қолданылатын шыныдан жасалған конус тәрізді мөлдір ыдыс.*

**ӨЛШЕЛІН=** ет. *Межелену, белгілену.*

**ӨЛШЕЛІНУ** *Өлшелін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕМ** зат. **1.** *Өлшеу бірлігі; мөлшер, шама.* **2.** физ. *Берілген мөлшердің физикалық шамасын көрсететін өлшеу құралы.* **3.** ауыс. *Меже, шек.*

**Өлшем бірлігі.** физ. *Нәтижелері заңдастырылған шама бірліктерінде көрсетілген және өлшем қателігі берілген ықтималдықпен белгіленген шектегі өлшемнің жай-күйі.* **Өлшем бірлік.** *Заттардың, құбылыстардың қасиет-сипаты және оның бағамының шамалық сипаты.*

**ӨЛШЕМДЕС** сын. *Мөлшерлес, теңдес, шамалас.*

**ӨЛШЕМДІ** сын. *Өлшемі бір, мөлшерлі.*

**ӨЛШЕМДІК** зат. сөйл. ***Өлшемділік.***

**ӨЛШЕМДІЛІК** зат. **1.** *Бір нәрсенің белгілі бір өлшеммен өлшенгендігі.* **2.** физ. *Берілген физикалық шамалардың басқа негізгі шамалармен байланысын көрсететін өрнек.* **3.** инф. *Жиым элементтерін айқындайтын индекстер саны, жиым индексі мәнінің өзгеру ауқымы.*

**ӨЛШЕМЕЛІ** сын. сөйл. *Өлшенетін, өлшеуге келетін.*

**Өлшемелі кәмпит.** *Өлшеніп сатылатын кәмпит.*

**ӨЛШЕМСІЗ** сын. **1.** *Өлшем бірлігімен шектелмейтін.* **2.** ауыс. *Шектен тыс, мөлшерден артық.*

**Өлшемсіз шамалар.** физ. *Негізгі шама ретінде алынған физикалық шаманың кез келген өзгерісіне тәуелсіз болатын туынды физикалық шамалар.*

**ӨЛШЕН=** ет. **1.** *Таразыға тартылу.* **2.** ауыс. *Есептелу, анықталу.*

**ӨЛШЕНДІ** зат. хим. *Талдаулық таразыда өлшеніп алынған салмақ үлгісі.*

**ӨЛШЕНУ** *Өлшен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕП-БАҚЫЛА=** ет. *Заттың көлемін, салмағын, ыстық-суығын анықтау, тексеру.*

**ӨЛШЕП-БАҚЫЛАУ** *Өлшеп-бақыла етістігінің қимыл атауы.*

**Өлшеп-бақылау аспаптары.** тех. *Процестердің тиімді жүруін және олардың көптеген параметрлерінің белгілі бір шекте болуын өлшеп-бақылау үшін қолданылатын аспаптар.*

**ӨЛШЕП-ОРА=** ет. *Ұнтақ, түйіршік, сусымалы заттарды не даралап сатылатын заттарды өлшеп, буу.*

**ӨЛШЕП-ОРАУ** *Өлшеп-ора етістігінің қимыл атауы.*

**Өлшеп-орау автоматтары.** тех. *Ұнтақ, түйіршік, сусымалы заттарды немесе даралап сатылатын тағамдық заттарды автоматты түрде белгіленген мөлшермен (көлемі немесе массасы бойынша) топтап беруге әрі оны буып-түюге арналған автомат.*

**ӨЛШЕП-ПІШ=** ет. **1.** *Тігілетін киімді үлгіге салып мөлшерлеп кесу.* **2.** ауыс. *Ой елегінен өткізу; шамалау, болжау.*

**ӨЛШЕП-ПІШУ** *Өлшеп-піш етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕП-ПІШІЛ=** ет. *Сарапқа салыну, ой елегінен өткізілу.*

**ӨЛШЕП-ПІШІЛУ** *Өлшеп-пішіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕС=** ет. **1.** ауыс. *Есептесу.* **2.** *Шамаласу, болжасу.* **3.** *Салыстырысу.*

**ӨЛШЕСТІР=** ет. **1.** сөйл. *Салыстыру, теңестіру.* **2.** *Кесіп-пішу, топшылау.*

**ӨЛШЕСТІРУ** *Өлшестір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕСУ** *Өлшес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕТ=** ет. **1.** *Есептету, таразыға тарттыру.* **2.** ауыс. *Сынату.*

**ӨЛШЕТУ** *Өлшет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛШЕУ** *Өлше етістігінің қимыл атауы.*

**Өлшеу аспаптары.** тех. *Қалыпты метеорологиялық қасиеттері бар және өлшеніп отырған физикалық шаманың маңызын есептеуге (тіркеуге) мүмкіндік беретін техникалық құралдар.* **Өлшеу қылды.** *Ақыл таразысына салып салыстырды, шамалады.* **Өлшеу техникасы.** *Ғылым мен техника нысандарының күйі және оларды сипаттайтын шамалар туралы мәлімет алуды зерттейтін саласы.*

**ӨЛШЕУЛІ** сын. *Өлшеніп қойылған, мөлшерлі, белгілі бір мөлшері бар.*

**Өлшеулі ғұмыр.** діни. *Діни сенім бойынша о баста әрбір адамның тағдырына кесіліп, үйғарылып қойылған өмір жасы.* **Өлшеулі күні бітті.** *Ризығы таусылды, ажалы жетті.* **Өлшеулі күні жетті.** *Діни сенім бойынша о баста маңдайына жазған өмір сүру күні таусылды деген мағынада.*

**ӨЛШЕУСІЗ** сын. **1.** *Өлшеп-пішусіз, үлгісіз.* **2.** ауыс. *Шектен тыс, көп, мол; ұшан-теңіз.*

**ӨЛШЕУШІ** зат. *Бір нәрсені өлшейтін адам.*

**ӨЛШЕУІР** зат. хим. *Көлемдік талдауда реакцияға қатысқан сұйықтардың көлемін дәл өлшеуге (1 мл-дің жүздік бөлігіне дейін) арналған шүмегі бар шыны түтік.*

**ӨЛШЕУІШ** зат. **1.** *Заттың көлемін, салмағын, ыстық-суықтығын т. б. ерекшеліктерін белгілі өлшем арқылы анықтайтын құрал; өлшегіш.* **2.** ауыс. *Меже, шек; өлшем.*

**Өлшеуіш құты.** *Жалпақ түпті, ұзын мойынды, мойнында шеңберден салынған белгі және бүйірінде берілген температурадағы көлемі жазылған, аузы тығынмен тығыз жабылатын, сұйықтықтың көлемін дәл өлшеу үшін қолданылатын құты түрі.* **Өлшеуіш таспа.** кен. *Екі нүкте арасындағы қашықтықты өлшейтін аспап.* **Өлшеуіштердің метрикалық жүйесі.** физ. *Ұзындықтарының негізгі өлшем бірлігі метр болып саналатын физикалық шамалар бірліктерінің жиынтығы.*

**ӨЛІ**[1] сын. **1.** *Өлген, қаза болған, ажалы жеткен.* **2.** ауыс. *Түйсігі жоқ, топас, білімсіз.*

**Өлі алған жоқ, тірі алды.** *Жоқтан ешкім келген жоқ, белгілі біреу ұрлады.* **Өлі аруақ.** көне. *Діни ұғымда ата-бабаның рухы деген мағынада.* **Өлі бой.** *Тіршіліктен түңіліп суыған құр сүлде туралы айтылады.* **Өлі бойға жан [қан]жүгірді.** *Бойға қуат-жігер бітті, өшкен үміті жанды.* **Өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ.** *Санатта, есепте жоқ.* **Өлі бұйым.** *Ұсталмаған, қажетке жаратылмаған зат.* **Өліге иман тілеу.** *Марқұмға о дүниеде Алла тағала иманын кәміл етсін деп тілек айту.* **Өлі дала.** *Меңіреу дала, елсіз, малсыз дала.* **Өлі дене.** *Жансыз дене, қайтыс болған кісінің денесі, мәйіті.* **Өлі дүние.** *Зат, мүлік.* **Өлі ет.** а) *Ескі (сүр) ет, қонақ келместен бұрын сойылған малдың еті.* ә) *Жараның я ат жауырының жаны кеткен, өлген бөлігі.* **Өлі жан.** поэт. *Тірі өлік; тірліктен үміт үзген, түңілген, өлімге мойынсынған жан, кісі мағынасында.* **Өлі жара.** *Бітпес ескі кек.* **Өлі жетім.** *Енесі өліп қалып, басқа боталы түйеге телінбей қалған бота.* **Өлі жұрнақ.** лингв. *Көне тілде белсенді қолданыс тапқан, қазір сөз тудыру қабілетінен айырылып, жеке-жара жұмсалмайтын тұлға.* **Өлі жүн.** а) *Түлемеген жабағы жүн.* ә) *Көктемде жылқыдан түсіп қалатын қысқы түк, жүн.* **Өлі зат.** *Өлі бұйым, мүлік, дүние.* **Өлі заттек.** экол. *Тірі заттек қатыспайтын процестерден түзілетін заттектер.* **Өлі капитал.** экон. *Ешкімге табыс әкелмейтін құндылықтар.* **Өлі кеңістік.** әск. *Залалданбайтын кеңістік, атыс позициясынан ату кезінде снарядтың, ракетаның, оқтың және басқалардың тікелей тиюінен нысана жойылмайтын атыс қашықтығының негізіндегі кеңістік.* **Өлі қараңғы.** *Тып-тыныш, жым-жырт ел орынға отырар кездегі қараңғы, елең-алаңдағы кез.* **Өлі мәлімет.** *Дерексіз, жалған мәлімет, ескі ақпарат.* **Өлі мен тірінің арасында.** *Әл үстінде, ажал аузында, жаны қыл үстінде.* **Өлі су.** а) *Қайнамаған, шикі су.* ә) *Ағыны жоқ, бөгелген қара су.* **Өлі сүйек.** *Дене бітімі ебедейсіз, оралымсыз, епсіз кісі.* **Өлі сыбаға.** *Еңбексіз тиген, еңбек сіңбеген үлес.* **Өлі табиғат.** *Жансыз табиғат.* **Өлі төсек.** *Ерлі-зайыптылар арасындағы салқындық, салқын қатынас деген мағынада.* **Өлі түбір.** лингв. *Жасалу жолдары беймәлім, мағынасы ұмытылған түбірлер.* **Өлі тыныштық.** *Жым-жырт, құлаққа ұрған танадай.* **Өлі тіл.** лингв. *Тарихи даму барысында қолданыстан шығып қалған тіл.* **Өлі ұйқы.** *Қатты ұйқы, еш нәрсе сезбейтін ұйқы.* **Өлі шөп.** *Жер бетіндегі былтырғы шөп.*

**ӨЛІ**[2] зат. вет. *Жылқының қара терге түсіп, бір тұрып, бір жүріп, жайылмай теңселіп жүретін ауруы.*

**Өлі тигендей.** *Ауру жылқыдай тыпырлау, аунақшу, жанын қоярға жер таппау.* **Өлі тиген түйедей.** бейн. *Тыпыршып, аунақшып.* **Өлі тиді.** *Жылқы ай ауруымен ауырды.* **Өлі шанышқақ.** *Өлі тию ауруының түрі.*

**ӨЛІАРА** зат. сөйл. ***Өлара.***

**ӨЛІДЕЙ** үст. *Өлі қалпында, өлі күйінде.*

**ӨЛІК** зат. **1.** *Өлген адамның денесі, сүйегі.* **2.** ауыс. *Қолынан еш нәрсе келмейтін, қауқарсыз адам.*

**Өліктің үйін көтеру.** этн. *Өлікке арнап сойылған малдың бас сүйегін көбіне зират басына жинап, үйіп қою рәсімі.* [*Қазаға байланысты және асқа сойылған жылқының бас сүйегін марқұмның зиратына апарып қою артындағылардың қан-*

*шалықты дәулет иелері екендігін әрі марқұмға жасаған құрмет, ілтипатты білдірген*].

**ӨЛІКТЕЙ** сын. **1.** *Өлік тәрізді, өлік сияқты.* **2.** ауыс. *Жансыз, қимылсыз.*

**Өліктей бозарды [қуарды].** *Өң-түссіз болды, өңі қашты, түсі бұзылды.* **Өліктей қатып [серейіп, мелшиіп] қалды**. *Қақайып қатып қалды, сілейіп тұрып қалды.*

**ӨЛІКХАНА** зат. ***Мәйітхана*** *(жерлегенге дейін өліктерді қоятын жай).*

**ӨЛІМ** зат. **1.** *Жүрек соғуының тоқтауы; ажал, қаза.* **2.** ауыс. *Ұят, ар; өлімнен ұят күшті мағынасында.*

**Өлім алдында.** *Жан тапсырар, о дүниеге аттанар сәт, шақ.* **Өлім аузынан қайтты [қалды]**. *Өле жаздап барып, аман қалды.* **Өлім аузынан құтқарды.** *Ажалдан сақтап қалды.* **Өлім аузында [үстінде] жатыр.** *Ауру әбден меңдеген, халі нашар.* **Өлім аузында жатты.** *Ауруы асқынып өлетіні белгілі болды, хал үстінде жатты.* **Өлім болды.** *Ұят, масқара болды.* **Өлімге бел [бас] байлады [бас тікті].** *Тәуекелге кірісті, бас кетсе де аянбады.* **Өлімге көзі қимады.** *Өлтіруге аяды, қолы бармады, жанына ара түсті.* **Өлім ғайып.** *Өлім тез, жылдам деген мағынада.* **Өлімді жеңді.** *Ажалдай уақиғаға берілмеді, қайраттанды.* **Өлім жазасы.** а) көне. *Шариғатқа қайшы іс-әрекет, сатқындық т.б. жасаған кісіні ат құйрығына байлау, тас боран қылу, түйеге асу, тірідей көму арқылы өлтіретін ауыр жаза.* ә) заң. *Адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана ең ауыр жаза ретінде берілетін ату, газға уландыру, өлтіру жазасы.* **Өлім жазасына кесті.** *Адамзатқа, елге қауіп төндірген, адам өлтірген т.б. ауыр қылмыс жасаған қылмыскерді, тұтқындарды өлтіруге үкім шығарды.* **Өлім жетті [келді].** *Қырылды, өлді.* **Өлімнен алып қалды.** *Ажалдан құтқарды, ажалына араша болды.* **Өлім құшағында жатты.** *Өлі мен тірінің ортасында болды, хал үстінде жатты.* **Өлімнен ұят күшті.** *Абыройсыз болғаннан ажал артық деген мағынада.* **Өлім түртті.** *Ажал айдады, өлімге бастады.* **Өлім үстінде жатты.** *Науқастың халі нашарлады, қиындады.* **Өлімін сатты.** *Ар-ұятын сатты.*

**ӨЛІМДІ** сын. *Өлім бар, қазалы.*

**ӨЛІМ-ЖІТІМ** зат. *Қаза, шығын.*

**ӨЛІМ-ЖІТІМДІ** сын. *Шығынды, өлімі, қазасы бар.*

**ӨЛІМ-ЖІТІМСІЗ** сын. *Өлімсіз, қазасыз, шығынсыз.*

**ӨЛІМСЕК** сын. *Сүйретіліп жүре беретін, жаны сірі.*

**ӨЛІМСІЗ** сын. *Өлім жоқ, шығынсыз.*

**ӨЛІМСІРЕ=** ет. **1.** *Мөлию, сұп-сұр болу, әлсіреу.* **2.** *Болар-болмас көріну.* **3.** *Болар-болмас жылтырау, әрең жану.* **4.** *Әрең естілу, әлсіреп жету.*

**ӨЛІМСІРЕТ=** ет. *Өлеусірету.*

**ӨЛІМСІРЕТУ** *Өлімсірет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІМСІРЕУ** *Өлімсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІМТІК** зат. **1.** *Өлі дене; өлексе, жемтік.* **2.** ауыс. *Қолынан ештеңе келмейтін дәрменсіз, олақ адам.*

**ӨЛІМТІКТЕН=** ет. **1.** *Өлімсіреу, әрең қозғалу.* **2.** ауыс. *Безеру.*

**ӨЛІМТІКТЕНУ** *Өлімтіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІМТІКШІЛ** сын. *Өлексе жейтін, өлімтік сүйгіш.*

**ӨЛІМШІ** сын. **1.** *Өлудің аз-ақ алды, өлетін жағдай.* **2.** ауыс. *Болар-болмас, көрінер-көрінбес, сығырайған (сәуле).*

**Өлімші болды.** *Халі нашарлады, өлер болды.* **Өлімші етіп [қып] сабады [соққыға жықты]**. *Өлердей етіп ұрды, есінен тандырды.* **Өлімші қылды [етті].** *Титығына жеткізе сабап, сойып салды; соққыға жықты, өлер халге келтіре ұрды.*

**ӨЛІНГЕН=** ет. ескі кіт. *Өлген, қайтыс болған.*

**ӨЛІОТАУ** зат. этн. *Бай адамдардың ұзатылған қызына беретін бір үйге қажетті заттардың бәрі түгел жасауы.*

**ӨЛІП-ӨШ=** ет. **1.** *Діңкесі құрып, шаршапшалдығу, өлермен болу.* **2.** ауыс. *Тағаты қалмау, құмарту, ынтығу.* **3.** ауыс. *Мейірімі түсу.*

**ӨЛІП-ӨШУ** *Өліп-өш етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІП-ТАЛ=** ет. *Қатты қиналу, шаршапшалдығып, діңкесі құру.*

**ӨЛІП-ТАЛУ** *Өліп-тал етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІП-ТІРІЛ=** ет. **1.** *Өлім аузынан қалу, жаны аман қалу.* **2.** ауыс. *Жан-тәнін салу, бар күш-жігерін жұмсау.* **3.** ауыс. *Ынтық болу, өліп-өшу.*

**Өліп-тірілгеніне қарамады**. *Еш нәрсені елемеді, жанын салды.*

**ӨЛІП-ТІРІЛУ** *Өліп-тіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІС=** ет. *Ақырғы әрекетке бару, жанын пида етісу.*

**Өліспей беріспеді**. *Өлгенше қарсылық етті, табандылық көрсетті.*

**ӨЛІСУ** *Өліс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨЛІ-ТІРІСІ** зат. *Бары-жоғы, аман-есендігі.*

**ӨМЕ**: **өлмесең өме қап [өлмесе өме қапсын].** қарғ. *Өліп кет, жоқ болып кет, жерге кіріп кет!*

**ӨМЕКСІТ=** ет. *Дәмелендіру, үміттендіру, емеурін білдіру, емексіту.*

**ӨМЕКСІТУ** *Өмексіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨМЕШЕ**: **өмешесі құрыды [үзілді].** сөйл. *Емешесі құрыды.*

**ӨМІЛДІРІК** зат. этн. *Аттың омырауына салынып, ерді артқа сырғытпай тұратын ат жабдығы; әбзел.*

**ӨМІЛДІРІКСІЗ** сын. *Өмілдірігі жоқ, өмілдірік салынбаған.*

**ӨМІЛДІРІКТЕ=** ет. *Ат омырауына өмілдірік салу.*

**ӨМІЛДІРІКТЕТ=** ет. *Өмілдірік салдырту.*

**ӨМІЛДІРІКТЕТКІЗ=** ет. *Өмілдірік салғыздыру.*

**ӨМІЛДІРІКТЕТКІЗУ** *Өмілдіріктеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨМІЛДІРІКТЕТУ** *Өмілдіріктет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨМІЛДІРІКТЕУ** *Өмілдірікте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨМІР** зат. **1.** *Жарық дүние, бұл дүние, тіршілік.* **2.** *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі (өлімге қарама-қарсы).* **3**. *Өсу, даму үрдісінің белгілі бір кезеңі, сатысы; адамның ғұмыры.*

**Өмір базары.** поэт. *Қызықты тіршілік, қызыққа толы өмір, адам өмірі.* **Өмір бақи.** *Ылғи, үнемі, әрқашан.* **Өмір бақшасы.** поэт. *Өмір қызығы, қуанышы.* **Өмір берді.** *Жаратты, дүниеге келтірді.* **Өмір бойы**. *Ылғи, үнемі, әрқашан.* **Өмірге бойлады**. *Өмірге үңіле қарады, өмірді терең түсінді, білді.* **Өмірге ез болды.** *Дүние илеуіне түсті.* **Өмірге жеткен күн.** *Түбіне жеткен күн, құртқан, келешегін жойған оқиға, кез.* **Өмірге қадам басты**. *Жаңадан тіршілік ете бастады.* **Өмірге оралды.** *Ажалдан аман қалды.* **Өмір дастаны.** поэт. *Басынан өткен өмір жолы.* **Өмірде не кешпеді.** *Не көрмеді, небір сұмдықтарды көрді деген мағынада.* **Өмірден озды.** *Дүние салды, қайтыс болды.* **Өмірден тепкі жеді**. *Тұрмыстың соққысын көрді, дүниеден азап шекті.* **Өмірдің ащысы мен тұщысы.** *Тіршіліктің қайғысы мен қызығы, ауыры мен жеңілі.* **Өмірдің ащы-тұщысын көрді [татты]**. *Тұрмыстың жақсы-жаманын басынан кешірді.* **Өмірдің беліне шықты.** *Бірталай жас жасады, адам жасының бір кезеңіне кірді деген мағынада.* **Өмірдің күнгейі.** бейн. *Тіршіліктің мәнді, сәнді, адамның бақытты кезі.* **Өмірдің қиынынан өтті.** *Басынан ауыр кездерді, ауыртпалықты өткерді.* **Өмірдің өрі.** *Өмір белесі, асуы.* **Өмірдің өткелі.** бейн. *Адам өмірінің бір кезеңінен екіншісіне ауысатын шағы, өтпелі кезеңі.* **Өмірдің сәні кетті.** *Қызық азайды, қызықсыз бола бастады.* **Өмір есігін ашты.** поэт. *Іс пен еңбекке алғаш аттап, араласты.* **Өмір жасың ұзақ болсын!** алғыс. *Көп жаса; ғұмырлы бол!* **Өмір жүзі.** *Күнделікті өмір, тіршілік.* **Өмір зайғы [зая] өтті [болды].** *Өмірі бос, тектен-текке кетті.* **Өмір заңы.** *Өмірдің ащысы мен тұщысы, жақсысы мен жаманы, адалы мен арамы қатар жүретін, күрес пен қарама-қайшылыққа толы (қатал) сипаты.* **Өмір зая.** *Өмірі зая, бос, бекер.* **Өмір зырлады.** *Уақыт, өмір тез өте шықты.* **Өмір илеуінен өтті.** *Тіршілік талқысын көрді, қиыншылықты басынан өткерді.* **Өмір кемесі.** *Тұрмыс, тіршілік.* **Өмір – керуен.** поэт. *Ғұмыр, зырылдаған уақыт.* **Өмір кешті [сүрді].** *Тіршілік етті, жасады.* **Өмір көрсетті.** *Уақыт өте келе анықталды, көз жеткізді.* **Өмір кірпішін қаласты.** бейне. *Бірге өмір сүру мағынасында.* **Өмір қазанында қайнады.** *Күнделікті өмірде шынықты, шыңдалды.* **Өмір өткелінен өтті.** *Басынан қиын-қыстау кезеңдерді өткізді.* **Өмір өтті.** *Тірліктегі күні берекесіз, бос өмір сүрді.* **Өмір салты.** пед. *Индивидтердің, әлеуметтік топтың, тұтас алғанда қоғамның өмірлік қарекетінің тән сипатты түрлерінің жинақтамасы.* **Өмір серік.** *Жұбай, жар, ерлі-зайыпты.* **Өмір соқпағы.** *Өмір жолы, тіршілік, тағдыр.* **Өмір сүрді.** *Тіршілік етті, жасады, ғұмыр кешті.* **Өмір табалдырығын аттады.** *Өмірге келді, тіршілік ете бастады.* **Өмір тауқыметін көп көрген.** *Тұрмыстың соққысына талай ұшыраған, өмірдің зардабын көп тартқан.* **Өмір тонын кигізді.** поэт. *Адам көңіл күйінің сергіп, жаңарып, селт етіп тіршілік құшағына кірген сәті, жаңарған көңіл күйі, қалпы деген мағынада.* **Өмір шамы сөнді.** поэт. *Өмір сағаты жетті, тіршілік оты өшті.* **Өмір шашты.** *Таратты, жайды.* **Өмірі зая өтті [болды].** *Өмірі бос өтті, тектен-текке кетті.* **Өмірі кісі есігінде өтті.** *Жалшылықпен күн кешті.* **Өмірін арнау.** *Біреу үшін не бір нәрсе үшін өмір сүру.* **Өмірін итке берсін.** *Көрген күні күн емес деген мағынада.* **Өмірін лашықта өткізді.** *Ғұмыр бойы жоқшылықта, таршылықта өмір сүрді.* **Өмірін өксітті.** *Уайым-қайғыға салды, мұң-шерге батырды.* **Өмірін сарп етті [қылды].** *Өмір бойы жан аямай қызмет етті.* **Өмірі өксумен [өксікпен]**

өтті. *Бағы ашылмады, өмірі қиыншылықпен өтті.* **Өмірі өксіді**. *Қайғы-қасіретте күн кешті.* **Өмірі өксіп өтті.** *Өмірі жылаумен өтті, тіршілігі қиындық пен қайғыға толы болды.* **Өмірі – харап.** *Өмірді босқа өткізді.*

**ӨМІРБАЯН** зат. *Жеке адамның өмір тарихы.*

**ӨМІРДЕ** үст. *Ешқашан, мүлде.*

**ӨМІРЗАЯ** зат. **1.** *Таңға жақын көрініп ағып түсетін жұлдыз.* **2.** *Кеспелтек шоқпар.*

**ӨМІРЕМ**: **өмірем қап!** қарғ. *Жер қап, мүрдем кет!*

**ӨМІРЛЕС** сын. *Тіршілігі бір, серіктес.*

**ӨМІРЛІ** сын. *Көп жасайтын, ғұмырлы.*

**Өмірлі бол!** алғыс. *Көп жаса!*

**ӨМІРЛІК** сын. **1.** *Тұрмысқа қажетті, тіршілікке тән.* **2.** ауыс. *Мәңгі, өмір бойы, тұрақты.*

**Өмірлік ұстаным.** пед. *Адамның дүниетанымдық, моральдық-психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы.*

**ӨМІРЛІЛІК** зат. *Көп жасаушылық, ғұмырлылық.*

**ӨМІРМӘНДІК** зат. *Өмірлік мәні бар, өзекті.*

**ӨМІРНАМА** зат. *Өмірбаян, өмір тарихы.*

**ӨМІРСҮЙГІШТІК** зат. *Өмірді жақсы көрушілік, өмір сүруге құштарлық.*

**ӨМІРСІЗ** сын. **1.** *Аз жасайтын, ғұмыры аз.* **2.** *Тіршіліксіз.* **3.** *Келешексіз, болашақсыз.*

**ӨМІРШЕҢ** сын. *Өмірге бейім, икемді, өмір сүргіш.*

**ӨМІРШЕҢДІК** зат. *Өмірге бейімділік. икемділік, өмір сүргіштік.*

**ӨМІРШІЛ** сын. **1.** *Өмір сүйгіш, өмір сүргіш.* **2.** *Алға жетелейтін.*

**ӨМІРІ** үст. **1.** *Өмір бойы.* **2.** *Әрқашан, үнемі, ылғи.*

**ӨМІРІНШЕ** үст. *Өмір бойы, өмір бақи.*

**ӨН=** ет. **1.** *Дән мен тұқымның тамыр тартып көгеріп шығуы, өсуі.* **2.** ауыс. *Шығу, туу, тарау.* **3.** ауыс. *Ісі ілгері басу, оңду; үдеу.*

**ӨН: өн бойы.** а) *Бүкіл дене, тұла бой.* ә) *Бастан-аяқ, тұтас, түгел.* б) *Өмір бойы, үнемі, өле-өлгенше, мәңгі-бақи.*

**ӨНБЕЛЕ=** ет. *Күшею, үдеу.*

**ӨНБЕЛЕУ** *Өнбеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНГІЗ=** ет. *Өндіру.*

**ӨНГІЗУ** *Өнгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНГІШ** сын. *Жақсы өнетін, тез өсетін.*

**ӨНГІШТІК** зат. *Жақсы өнетіндік, тез өсетіндік.*

**ӨНДЕ=** ет. *Өркендеу, өсу.*

**ӨНДЕУ** *Өнде етістігінің қимыл атауы*

**ӨНДУ** *Өнді етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІ=** ет. **1.** *Өнімді болу, оңду, қарқындау.* **2.** *Ілгері басу, өркендеу.*

**ӨНДІР**[1] зат. этн. **1.** *Жаңа өрілген қамшы.* **2.** *Саба.*

**ӨНДІР**[2] сын. **1.** *Уылжыған, қыршын, балғын жас.* **2.** *Бозбала.*

**Өндір жас.** *Толыспаған, балғын жас.*

**ӨНДІР=** ет. **1.** *Дайындау, жасау, әзірлеу.* **2.** *Бір нәрсені мол етіп, өндітіп істеп тастау.* **3.** *Өсіру, өнгізу.* **4.** *Бір нәрсені қайтадан тапқызып алу, орнын толтыртқызу.* **5.** *Істі тындыру, аяқтау, нәтиже шығару.*

**Өндіре будандастыру.** малшар. *Екі немесе одан да көп тұқымның қатысуымен жақсартушы тұқымның жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, ал кейде ерекше қасиеттерге ие болған жаңа мал тұқымын шығару.*

**ӨНДІРГЕН** зат. этн. сөйл. ***Адырна.***

**ӨНДІРГІЗ=** ет. *Өндірту, дайындату.*

**ӨНДІРГІЗУ** *Өндіргіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРГІШ** сын. *Өндіретін, жасап шығаратын.*

**Өндіргіш күш.** экон. *Қоғамдық өндіріс үдерісінің материалдық және адами факторларының жиынтығы.*

**ӨНДІРГІШТІК** зат. *Өндіруге қабілеттілік.*

**ӨНДІРДЕЙ** сын. *Жап-жас, өрімдей.*

**Өндірдей жас.** *Толыспаған, балғын жас.*

**ӨНДІРМЕЛІ** сын. ***Өндіретін.***

**ӨНДІРТ=** ет. **1.** *Қарыштату, жеделдету.* **2.** ауыс. *Қайтарту.*

**ӨНДІРТКІЗ=** ет. *Дайындатқызу, жасатқызу.*

**ӨНДІРТКІЗУ** *Өндірткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРТУ** *Өндірт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРУ** *Өндір етістігінің қимыл атауы.*

**Өндіру әдісі.** экол. *Қоғамдық-экономикалық формацияның сипатын анықтайтын, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігінен тұратын материалдық игіліктерді пайдаланудың тарихи айқындалған жолы.* **Өндіру жұмыстары.** кен. *Пайдалы қазылымды жер қойнауынан алуға қажетті жұмыстар жиынтығы.*

**ӨНДІРУШІ** зат. **1.** *Белгілі бір өнім өндіретін кәсіпорын, ұжым, адам.* **2.** экон. *Пайда алу мақсатымен тауар дайындайтын немесе қызмет ұсынатын кәсіпорын.*

**Өндірушілер бағасы.** экон. *Тауардың немесе қызметтің базистік бағасын, барлық жанама салықтарды (қосылған құнға салынатын салықтан басқа) қамтитын және жәрдем қаражатты қамтымайтын баға.* **Өндірушілер рыногы.** экон. *Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіріс барысында тұтыну үшін сатып алушы ұйымдар.* **Өндіруші өнеркәсіп.** экол. *Табиғатты пайдалану салаларының бірі; жер қойнауынан, судан және орманнан шикізат және отын түрінде табиғи заттектерді алатын өндіріс салаларының жиынтығы.*

**ӨНДІРШЕК** зат. анат. *Жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, иектің асты; алқым.*

**Өндіршегі үзілді.** *Емешесі құрыды, елжіреді, өбектеді.*

**ӨНДІРШЕКТЕ=** ет. **1.** *Өндіршектен ұстау, өндіршекке жармасу.* **2.** ауыс. *Орынсыз даулау, өңештеу, өзеуреу.*

**ӨНДІРШЕКТЕУ** *Өндіршекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРШІН** зат. *Жас буын, жеткіншек.*

**ӨНДІРШІНДЕЙ** сын. **1.** *Өндіршін сияқты, өндіршін тәрізді.* **2.** ауыс. *Өрімдей, жап-жас.*

**ӨНДІРІЛ=** ет. **1.** *Өсірілу.* **2.** *Дайындалу, жасалу.* **3.** *Шығарылу, таралу.*

**ӨНДІРІЛУ** *Өндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРІМ** зат. экон. *Еңбек өнімділігінің көрсеткіші [Белгілі бір уақыт кезеңінде бір қызметкерге немесе жұмысшыға шаққанда орта есеппен өндірілген өнімнің санымен (орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтердің көлемімен) айқындалады].*

**ӨНДІРІМДІ** сын. *Өндіртіп істейтін, қарымды.*

**ӨНДІРІМДІЛІК** зат. сөйл. ***Өнімділік.***

**ӨНДІРІМСІЗ** сын. *Өндіртіп істемейтін, мардымсыз, қарымсыз.*

**ӨНДІРІҢКІРЕ=** ет. *Бір нәрсені өндірте түсу, мардытыңқырау.*

**ӨНДІРІҢКІРЕУ** *Өндіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРІС** зат. **1.** *Тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді, құнды заттарды жасап шығаратын өнеркәсіп саласы.* **2.** экон. *Технологиялық үдерістің салыстырмалы оқшауландырылған бөлігі [Жұмыстардың белгілі бір кешенін орындау, жартылай фабрикаттар мен дайын бұйымдар алу осы үрдістің нәтижесі болып табылады*].

**Өндіріс анархиясы**. экон. *Экономикалық заңдардың бей-берекет әсері жағдайында қоғамдық өндірістің берекесіз дамуы.* **Өндіріс бағасы.** экон. *Тауарлардың рыноктық бағасы негізінде жатқан құнның өзгерген нысаны* [ол тауарды өндіру шығындары мен орташа пайдадан құралады]. **Өндіріс бригадасы**. *Өндірістік тапсырманы бірлесіп атқаратын бірыңғай және әр алуан мамандықтағы жұмысшылар ұжымы.* **Өндіріске жұмсалатын шығын.** экон. *Кәсіпорынның заттай және ақшалай түрде есептелетін өндірістік қызметімен байланысты шығыстар [Ол шикізат пен материалдарға, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттарға, отын мен энергияның барлық түрлеріне, ақшалай түрдегі негізгі өндірістік қорларды пайдалануға жұмсалған шығынды, нақты еңбек шығынын қамтиды*]. **Өндіріс қалдықтары.** экон. *Өнімді өндіру кезінде бастапқы шикізаттың, материалдардың пайдалануға болмайтын қалдығы.* **Өндіріс қуаты**. *Өнеркәсіп салалары, оның бөлімшелері белгілі бір уақыт өлшемі ішінде (бір жыл ішінде) барынша көп, сапалы өнім шығаруы.* **Өндіріс құралдары.** экон. *Еңбек құралдарының негізгі және басты бөлігі [Оларға машиналар, станоктар, приборлар, саймандар, т.б. жатады].* **Өндіріс құрал-жабдығы.** экон. *Материалдық игіліктер өндіру мен қызметтерді көрсету барысында пайдаланылатын еңбек заттары мен еңбек құралдарының жиынтығы [Олардың бірі – табиғат өнімдері (жер қойнауының байлығы, су, жер байлығы, т.б.), екіншілері – еңбекті жұмылдыру нәтижелері].* **Өндіріс құрал-жабдығының маркетингі.** экон. *Өндірістік үдерісте жаңа технологиялық шешімдерді іздестіруге, сондай-ақ өнеркәсіптік тұтынушының шығынды азайтып, еңбек өнімділігін арттыруына мүмкіндік беретін өндіріс құрал-жабдығының жаңа түрлерін жасауға бағытталған маркетинг.* **Өндіріс орындары**. *Өндіріс салалары орналасқан жерлер.* **Өндіріс паспорты.** заң. *Қолда бар жабдықты пайдалануды, технологиялық процесті сақтауды реттейтін, негізгі шикізатты, ингредиенттерді, қосалқы материалдарды жұмсау нормасын және дайын өнімнің, қосалқы өнімдердің шығу нормасын, сондай-ақ өндіріс кезіндегі шығынның нормаларын белгілейтін негізгі құжат.* **Өндіріс су сыйымдылығы.** экол. *Дайын өнім бірлігін алу үшін пайдаланылатын су көлемі.* **Өндіріс тәсілі**. *Өндірістік қатынастардың өндіргіш күштермен біртұтастығы.* **Өндіріс технологиясы** экон. *Еңбек затының жай-күйін өзгерту және анықтау жөніндегі нысаналы әрекеттен тұратын өндірістік процесс бөлігі [Шикізатты, материалдарды немесе жартылай фабрикаттарды алу, өңдеу немесе қайта өңдеу тәсілдері мен әдістерінің жиынтығымен, олардың орындалу дәйектілігімен*

*және орындалатын жерімен, қолданылатын құралдардың құрамымен сипатталады].* **Өндірісті автоматтандыру.** экон. *Өндірісті мәшинелермен, жабдықпен және автоматты қондырғылармен жарақтандыру процесі.* **Өндірісті әзірлеу.** сушар. *Құрылыс басталар алдында атқарылатын өзара келісілген техникалық жоспарлық-қаржылық шаралар кешені.* **Өндірісті біріктіру [кооперациялау].** экон. *Қоғамдық еңбек бөлінісі мен өндірісті мамандандыру негізінде өнімді бірлесіп дайындау мақсатымен бір елдің кәсіпорындары, салалары және аудандары арасындағы, сондай-ақ, елдер арасындағы өндірістік байланыстарды ұйымдастыру.* **Өндірісті дамыту қоры.** экон. *Кәсіпорындарды қайта жарақтандыру, өндірісті жаңғырту және қайта құру мақсатымен құрылған экономикалық ынталандыру қоры.* **Өндірісті қарқындандыру.** экон. *Ғылыми-техникалық прогрестің ең жаңа жетістіктерін көрсететін негұрлым тиімді еңбек құралдары мен заттарын қолдану негізінде қоғамдық өндірісті ұлғайту.* **Өндірісті механикаландыру.** экон. *Қолмен атқарылатын өндірістік операцияларды машиналармен, механизмдермен ауыстыруға негізделген ғылыми-техникалық прогресс бағыты.* **Өндірістің күнтізбелік жоспары.** сушар. *Өндірістік жұмыстар жобасының негізгі құжаты, құрылыс нысанының технологиялық және ұйымдастырылу үлгісі.* **Өндірістің пайдалылығы.** экон. *Өндіріс тиімділігінің жалпылама көрсеткіші; өндірістік қордың бір теңгесіне шаққанда келетін пайданың мөлшері.* **Өндірістің тиімділігі.** экон. *Қажетті түпкілікті нәтижеге қол жеткізу жолында адамның өндірістік, шаруашылық қызметі нәтижелерінің жұмсалған ресурстарға (еңбекке, материалдарға, қаржыға) ара қатынасы.* **Өндірістің шоғырлануы.** экон. *Ірі кәсіпорындарда өндірістің заттай және жеке факторларының және өндіріс көлемінің шоғырлану процесі.* **Өндірістің ырғақтылығы.** экон. *Өндіріс біркелкі жұмыс істеп тұрған жағдайда бұйымды дайындау (жұмыстарды орындау) процесінің, оның барлық бөліктері мен элементтерінің қатаң белгіленген уақыт аралығында алма-кезек қайталанып тұруы.* **Өндірісті ұйымдастыру.** экон. *Кәсіпорынға бөлінген ресурстарды негұрлым ұтымды пайдалана отырып, белгіленген сапалық көрсеткіштердегі жоспарлы тапсырмаларды орындау мақсатымен нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүзеге асырылатын нақты еңбек процестерін өндірістің материалдық элементтерімен негұрлым тиімді ұштастыру шараларының кешені.* **Өндірісті экологияландыру.** экол. *Өндірістік процестердің табиғи ортаға теріс әсерін болдырмау жөніндегі шаралар [Қалдығы аз технология немесе зиянды шығарындылары аз технологиялық тізбек арқылы іске асырылады].* **Өндіріс уақыты.** экон. *Белгілі бір кәсіпорындарда еңбек құралдары мен заттарының өндіріс саласына түсуінен бастап өнім өндірудің аяқталуына дейінгі белгілі бір тауарды өндірудің бүкіл процесін қамтитын өндіріс мерзімі.* **Өндіріс факторлары.** экон. *Өнім өндіру (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) барысында пайдаланылатын негізгі құрамбөліктер.* **Өндіріс шығыны.** экон. *Материалдық заттар (шикізат, материалдар, отын, энергия, жабдық, т.б.) мен қажетті еңбек (тауар өндіруге жұмсалатын еңбек) шығынының жиынтығы.*

**ӨНДІРІСТЕН=** ет. *Өндірісті орынға айналу.*

**ӨНДІРІСТЕНУ** *Өндірістен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНДІРІСТІ** сын. *Өндірісі бар, өндірісі мол.*

**ӨНДІРІСТІК** сын. *Өндіріске тән, өндіріске қатысты.*

**Өндірістік ақаба сулар.** экон. *Өндірістен бір рет пайдаланылып, ластанып шыққан сулар.* **Өндірістік ақау.** экон. *Сапасы жағынан қойылатын талап шарттарына сай келмейтін, тікелей арналған мақсаты бойынша пайдаланыла алмайтын немесе жөндеуге қосымша шығын жұмсағаннан кейін ғана пайдаланылатын бүлінген, сапасыз тауарлар (өндірілген өнімдер, шығарылған бұйымдар, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер).* **Өндірістік ая.** экон. *Халық шаруашылығы салаларының жиынтығы [Бұл салаларда материалдық игіліктер тұтынылатын өнімдер, заттар және өндіріс құрал-жабдығы немесе өндірістік қызметтер түрінде өндіріліп, тұтынушыларға жеткізіледі].* **Өндірістік босалқы қорлар.** экон. *Өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған өндіріс құрал-жабдығының бір бөлігі.* **Өндірістік бригада.** экон. а) *Кәсіпорынның еңбек ұжымының бастауыш ұясы; еңбекті басқарудың төменгі буыны.* ә) совет. *Жазғы каникул кезінде өндірісте жұмыс істеу үшін, мектеп оқушыларынан құралған топ.* **Өндірістік график.** *Кәсіпорынның не оның жеке бөлімшелерінің өнім шығаруының графиктік не басқа түрдегі (мыс., кесте) күнтізбелік жоспары.* **Өндірістік емес мақсаттағы қорлар.** экон. *Өндірістік емес салаға қызмет көрсететін, өндірістік процеске қатыспайтын материалдық-заттай құндылықтардың (өндіріс құрал-жабдығының) жиынтығы [Оларға жабдығы мен құрал-сайманы бар үйлер, жатақханалар, мейманханалар, емханалар, стадиондар, балабақшалар мен бөбекханалар, моншалар, кір жуатын орындар, шаштараздар, клубтар, кітапханалар, басқа да мекемелер жатады].* **Өндірістік емес сала.** экон. *Адамдар мен халық шаруашылығына қызмет көрсетуге мамандандырылған қызмет салалары мен түрлерінің жиынтығы [Оған тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, байланыс, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, т.б. жатады].* **Өндірістік есеп.** экон. *Бухгалтерлік есептің басқаруға арналған бөлігі.* **Өндірістік жарақ.** экон. *Өнімді технологиялық процеске сәйкес дайындау (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) үшін қажет жұмыс аспабы, бейімдемелер, қалыптамалар, өлшеу приборлары, өндірістік мақсаттағы басқа да заттар қамтылатын өндіріс құрал-жабдығы.* **Өндірістік инфрақұрылым.** экон. *Өндірістің жалпы жағдайын қалыптастырушы шаруашылық салаларының жиынтығы.* **Өндірістік кооператив.** экон. *Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі.* **Өндірістік қалдықтар.** *Өндіріс орындары жұмысынан пайда болған қатты және сұйық қалдықтар.* **Өндірістік қалдықтарды пайдалану.** *Қалдықтарды ішінара немесе толықтай қайта өңдеу арқылы қажетке жарату; басқа өндіріске қажетті пайдалы құрауыштарды, құрылыс материалдарының құрамына қажетті заттектерді бөліп алу, тау-кен орнын жасауға пайдалану, құрылыс салуда жыралар мен қазаншұңқырларды толтыруға пайдалану, энергия өндіруге қолдану және т.б.* **Өндірістік қатынас.** а) саяси. *Қоғамның экономикалық базисі болып табылатын материалдық игіліктер өндірісінің процесіндегі адамдардың біріне-бірінің қатынасы.* ә) экол. *Материалдық игіліктерді айырбастау мен пайдалану, өндіру және бөлу процесі кезіндегі адамдар арасындағы, олардың күш-жігері мен санасынан тәуелсіз объективті түрде қалыптасатын қоғамдық қатынастар.* **Өндірістік қауымдастықтар.** экон. *Құрамына барлық кәсіпорындардың басшылары мен акционерлер, атқарушы директор (кеңесші дауыс құқығымен), жалпы жиналыстың шешімімен басқа ұйымдардың өкілдері кіретін қауымдастықтың тұрақты басқару органы.* **Өндірістік қорлар.** а) экон. *Өндіріс пен айналыс процесін қамтамасыз етуге қатысатын еңбек құралдары мен еңбек заттарының жиынтығы.* ә) экон. *Кен қазып алу кәсіпорындарында бар, бірақ әлі тікелей өнім өндіру жұмыстарында қолданылмаған өндірістік-техникалық бұйымдар.* **Өндірістік қуат.** экон. *Уақыт өлшемінде кәсіпорын шығарған өнімнің белгілі бір жағдайда барынша мүмкін есептік көлемі.* **Өндірістік қуаттар жүктемесі.** экон. *Өнім шығарудың алуан түрлі бағдарламасын тұжырымдау [Бұл бағдарлама тұтынушылардың алдындағы шарттық міндеттемелердің және кәсіпорынның қаржы жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді].* **Өндірістік құрылым.** экон. *Технологиялық және біріктірілу тұрғысынан өзара байланысты басқару объектісі (телімдер, цехтар, т.б.), өндірістік жүйе ретіндегі басқарушылық буындар құрамы.* **Өндірістік негізгі қорлар.** экон. *Заттай нысанда өндірістік процеске қатысатын және құнын бірнеше өндірістік цикл бойына дайын өнімге бөліктер бойынша көшіретін өндіріс құрал-жабдығы.* **Өндірістік практика.** пед. *Қалаған мамандығы бойынша өнеркәсіп орындарында тікелей еңбек процесіне араласу ісі.* **Өндірістік операциялар.** экон. *Еңбек процесінің бір орындаушы немесе орындаушылар тобы бір жұмыс орнында еңбек затын өзгертпей орындайтын оқшауландырылған әрі аяқталған бөлігі (элементі).* **Өндірістік процесс.** а) кен. *Белгілі бір технологиялық және ұйымдастырушылық сипаттағы, нақты материалдық игілікті (мыс, көмір немесе кен өндіру) жасауға бағытталған және ең басты еңбек затының тұрақтылығымен сипатталатын еңбек процесі.* ә) экон. *Кәсіпорында өнімді дайындау және жөндеу үшін қажетті адамдар мен еңбек құралдарының барлық іс-қимылдарының жиынтығы.* **Өндірістік үстеме шығын.** экон. *Тозымпұлдық аударым; жалға төленетін төлем [Бұлар өнімді сатудан кейінгі шығындар қатарына көшіріледі].* **Өндірістік фактор.** экол. *Табиғат үшін ол техногендік, адам үшін өндірістік орта факторы.* **Өндірістік цикл.** экон. *Бұйымды (өнімді) дайындау процесінен бастап, аяқталғанға дейінгі күнтізбелік уақыт аралығы.* **Өндірістік шу.** экол. *Өндірістік жайдағы жұмыс істеп тұрған мәшинелер мен механизмдерден шығатын шу.* **Өндірістік шығын.** экон. *Өнім өндіруге тікелей жұмсалған шығын [Ол жұмсалған уақытына қарамастан есепті кезеңдегі өнімнің құнына енгізіледі].*

**ӨНДІРІСШІ** зат. *Белгілі бір өндірісте істеуші адам.*

**ӨНДІТ=** ет. *Өндірту, мандыту.*

**ӨНДІТУ** *Өндіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕ: өне бойы.** *Үнемі, әрқашан, әрдайым.*

**Өне бойынан бит жүрді.** *Әбден биттеді, бит басты.*

**ӨНЕ: өне хила.** ескікіт. *Еш айла жоқ.*

**ӨНЕГЕ** зат. **1.** *Адамдардың бір-біріне, қоғамға деген қарым-қатынастарын анықтағанда байқалатын тәлім-тәрбие, жиынтығы.* **2.** *Үлагатты адамдардың ұрпаққа көрсететін үлгісі.*

**Өнеге алды [тұтты].** *Үйренді, үлгі алды.* **Өнеге берді.** *Үлгі болды, өнеге көрсетті.* **Өнегесін ұстады.** *Тәлім-тәрбие алды.* **Өнеге тұтты.** *Үлгі етті, өнеге санады.*

**ӨНЕГЕЛЕ=** ет. *Үлгі көрсету, игі әсерін тигізу.*

**ӨНЕГЕЛЕН=** ет. *Үлгі-өнеге алу, тәрбиелену.*

**ӨНЕГЕЛЕНДІР=** ет. *Үлгі-өнеге алдыру; үлгі көрсеттіру.*

**ӨНЕГЕЛЕНДІРУ** *Өнегелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕГЕЛЕНУ** *Өнегелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕГЕЛІ** сын. **1.** *Тәлім-тәрбиесі бар, үлгілі, көргенді.* **2.** пед. *Басқаға үлгі көрсететін, өзгеден өнеге үйрене білетін адам.*

**ӨНЕГЕЛІК** зат. *Ел-жұртқа үлгі болушылық, ұнамдылық.*

**ӨНЕГЕЛІЛІК** зат. *Жақсы ісімен көпшілік ілтипатына ие болушылық, үлгілілік.*

**ӨНЕГЕСІЗ** сын. *Тәлім-тәрбиесі жоқ, көргенсіз, үлгісіз.*

**ӨНЕГЕСІЗДІК** зат. *Тәлім-тәрбиесі жоқтық, үлгісіздік.*

**ӨНЕМЕЙІН** үст. жерг. *Өне бойы, үнемі, ылғи.*

**ӨНЕР** зат. **1.** *Бір істі ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік.* **2.** өнер. *Өмір шындығын көркем образдар арқылы бейнелейтін қоғамдық сана мен адам іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы.* **3.** ауыс. *Кәсіп, қарекет.*

**Өнер бастады [шығарды].** *Жаңа бір әдет, мінез көрсетті.* **Өнер бәсекесі.** *Өнер түрлері бойынша өткізілетін жарыс, сайыс.* **Өнердің халықтық принципі.** пед. *Өнер атаулының халықпен тығыз байланысын, көркемдік құбылыстардың адам өмірімен, табиғат әсемдігімен үндесетінін, оның адамның арман-мүддесін, ой-өрісін, өмірге деген көзқарасын, сезімін білдірудің құралы ретінде қызмет етуі.* **Өнер жалдады.** *Кәсіп, іс үйренді.* **Өнер жарысы.** *Өнер жарыстыратын байқау, талас.* **Өнер құны.** тар. көне. *Ақындығымен, әншілігімен яки бармағынан бал тамған ұсталық, шеберлік т.б. өнерімен елге танымал болған адамның өліміне құн белгілегенде оның қара басынан тыс, өнері үшін арнайы төленетін құн мөлшері.* **Өнер психологиясы.** пед. *Суреткерлік қарекеттің психологиялық механизмдерін және адамның өнер туындыларын жасау және ұғыну кезіндегі тұлғалық көрінісінің ерекшеліктерін зерттейтін психологиядағы бағыт.* **Өнері тасыды.** *Асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты.*

**ӨНЕРБЕТ** зат. жерг. *Қолынан әртүрлі іс келетін шебер адам, өнерлі кісі.*

**ӨНЕР-БІЛІМ** зат. **1.** *Қабілет пен білім арқылы игерілетін мәдениет.* **2.** ауыс. *Мәдениет; адамгершілік.*

**ӨНЕРЖАЙ: өнержай үйі.** *Қаламгерлердің, өнер адамдарының демалуына және творчествомен айналысуына мүмкіндік жасайтын жай, орын.*

**ӨНЕРКӘСІП** зат. **1.** *Халық шаруашылығының шикізатты өңдейтін және одан жаңа бұйымдар жасайтын саласы; кәсіпорын.* **2.** экон. *Халық шаруашылығының шикізат, отын, энергия өндірумен, ағаш дайындаумен, өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы шикізатын өндіріс құрал-жабдығына, тұтыну заттарына одан әрі өңдеумен (қайта өңдеумен) айналысатын кәсіпорындарды (зауыттарды, фабрикаларды, кеніштерді, шахталарды, электр стансаларын, т.б.) біріктіретін аса маңызды саласы.*

**Өнеркәсіп ағындылары.** сушар. *Халық шаруашылығының мұнай өңдеу, химия, сабын қайнату, целлюлоза-қағаз, тоқыма, металлургия, кен салалары кәсіпорындарының табиғи су көздерін ластайтын ағындылары.* **Өнеркәсіп капиталы.** экон. *Қосымша құн өндіру үшін алдын ала төленген капитал.* **Өнеркәсіп көрмесі.** *Өнеркәсіп жетістіктерін көрсететін орын.* **Өнеркәсіп орындарының қызметкерлері.** экон. *Кәсіпорынның (фирманың, т.б.) тізімдік құрамдағы барлық қызметкерлері.* **Өнеркәсіп өнімі.** экон. *Аяқталған дайын бұйым, тауарлай дүмбілзат, өнеркәсіп орындары, қосалқы өнеркәсіптік өндірістер дербес жүргізген, қолданыстағы стандарттар мен өндірістік технологияларға сай келетін өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар.* **Өнеркәсіптегі құрамдастыру.** экон. *Бір-бірімен байланысты бірнеше өндірісті бір кәсіпорынға біріктіру.* **Өнеркәсіп торабы.** экон. *Ортақ мүдделік жағдайда бірыңғайлы көліктік-географиялық орнымен, өзара өндірістік-технологиялық байланыстармен бірлестірілген өнеркәсіптік кәсіпорындардың серіктесіп орналасқан аумағы.* **Өнеркәсіпті [өнеркәсіп орындарын] мемлекет иелігінен алу.** экон. *Мемлекет меншігінен алып қайта бөлу, яғни мемлекет меншігіндегі нысандарды жекеменшіктің қолына беру.*

**ӨНЕРКӘСІПТІ** сын. *Зауыт-фабрикалы, өндірісті.*

**ӨНЕРКӘСІПТІК** сын. *Өндірістік түрде, өндірістік.*

**Өнеркәсіптік жерасты сулары.** сушар. *Құрамындағы бағалы химиялық компоненттер (құрамдас бөліктер) немесе олардың қоспалары нақтылы гидрогеологиялық аудандар шеңберінде техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша тиімді түрде өндіруді және өңдеуді қамтамасыз ететін жерасты сулары.* **Өнеркәсіптік ландшафт.** экол. *Ірі өнеркәсіптік кешендердің ортаға әсер етуі салдарынан түзілген техногенді ландшафттардың әртүрлілігі.* **Өнеркәсіптік ластану.** экол. *Кәсіпорын шығарындыларынан ортаның ластануы.* **Өнеркәсіптік маркетинг.** экон. *Фирманың ұйым шеңберінде одан әрі өндіру, пайдалану немесе басқа тұтынушыларға сату үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алатын тұтынушы ұйымдармен өзара іс-қимылы.* **Өнеркәсіптік меншік объектілері.** заң. *Өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіп үлгілері.* **Өнеркәсіптік өндірісті құрамдастыру.** экон. *Өндірістің алуан түрлерін бір кәсіпорынға немесе өзара байланысты кәсіпорындар тобына біріктіруге негізделген өндірісті шоғырландыру нысаны.* **Өнеркәсіптік су.** сушар. *Судан өнеркәсіптік көлемде қандай да бір құрауыштар алу үшін шикізат ретінде пайдаланылатын су.* **Өнеркәсіптік «тұман».** экол. *Өнеркәсіптік ауданның үстінде пайда болатын бу.* **Өнеркәсіптік үлгі.** заң. *Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын көркемдік-конструкторлық шешім.* **Өнеркәсіптік цикл.** экон. *Қазіргі заманғы пайымдамада экономика дамуының ұдайы қайталанып отыратын кезеңдері* [Бұл кезеңдер жалпы іскерлік белсенділіктің өрлеуінен және құлдырауынан тұрады]. **Өнеркәсіптік шөл.** экол. *Адамның өнерке-сіптік әрекетінің нәтижесінде ортаның бұзылуынан өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі өте кедей табиғат үлескісі (террикон, үйінді, ашық кеніш, қоқыстар үйіндісі және т.б.).* **Өнеркәсіптік шпиондық.** экон. *Өндіріс құпияларын, технологияларды көшіріп алу немесе рұқсатсыз пайдалану; клиенттерді жаулап алу, т.б. үшін бәсекелесуші кәсіпорындар туралы іскерлік, ғылыми-техникалық сипатта қажет- ті ақпарат алуға бағытталған әрекет.* **Өнеркәсіптік шығарынды.** экол. *Өндіріс- пен және онымен өзара қатынасты процестермен алдын ала келісілген шығарынды.*

**ӨНЕРКӘСІПШІ** зат. *Өнеркәсіппен шұғылданушы.*

**ӨНЕРКӘСІПШІЛ** сын. сөйл. *Өнеркәсіппен шұғылданатын.*

**ӨНЕР-ҚАЙРАТ** зат. *Шеберлік, күш-жігер.*

**ӨНЕРЛЕ=** ет. **1.** *Көркемдеп әшекейлеу, әрлеу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені құбылтып, айлалап өткізу, өңін ай- налдыру.*

**ӨНЕРЛЕН=** ет. *Өнерге ие болу, өнер білу.*

**ӨНЕРЛЕНДІР=** ет. *Өнерлі еттіру, өнерге баулу.*

**ӨНЕРЛЕНДІРУ** *Өнерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕРЛЕНУ** *Өнерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕРЛЕС=** ет. *Өнері бір, шеберлігі бір; ор- тақ.*

**ӨНЕРЛЕСУ** *Өнерлес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕРЛЕТ=** ет. *Өнерді меңгеру, өнерлену.*

**ӨНЕРЛЕТУ** *Өнерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕРЛЕУ** *Өнерле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНЕРЛІ** сын. **1.** *Он саусағынан өнер тамған, шебер, ісмер.* **2.** *Өнері көп, түрлі өнерді меңгерген. // Өнер иесі, өнерді меңгерген адам.* **3.** *Әнші, сегіз қырлы.* **4.** ауыс. *Бір кәсіптің, өнердің жетік маманы.* **5.** ауыс. *Мәдениеті, өнері дамыған.*

**ӨНЕРЛІК** сын. *Өнерге тәндік, өнерге қажеттілік.*

**ӨНЕРЛІЛІК** зат. *Бір нәрсеге жетіктілілік, іскерлілік.*

**ӨНЕРЛІРЕК** сын. *Өнері көбірек, шеберірек.*

**ӨНЕРМАН** сын. *Өнерпаз.*

**ӨНЕРНАМА** зат. *Адамның мәдени және рухани қызметтерді орындауға бағытталған ісі.*

**ӨНЕРПАЗ** сын. **1.** *Өнерлі, дарынды.* **2.** *Ән, би, күй т.с.с. өнерді жетік меңгерген. // Әнші, күйші, биші т.с.с. өнерлі адам.* **3.** ауыс. *Мәдениетті, дамыған.*

**Өнерпаздар байқауы.** *Өнерлілер жарысы, сайысы.*

**ӨНЕРПАЗДЫҚ** зат. **1.** *Әншілік-бишілік, өнерлілік.* **2.** *Алуан істі істей алатын қабілеттілік, жетіктілік.*

**ӨНЕРСҮЙЕР** сын. *Өнерді ұнататын, жақсы көретін.*

**ӨНЕРСІЗ** сын. **1.** *Өнері жоқ, өнерді меңгермеген. // Өнері жоқ, қабілетсіз адам.* **2.** ауыс. *Қолынан ештеңе келмейтін, орашолақ, қабілетсіз.*

**ӨНЕРСІЗДІК** з а т . **1.** *Өнері жоқтық, өнерді меңгермеушілік.* **2.** а у ы с . *Қолынан ештеңе келмеушілік, орашолақтық.*

**ӨНЕРТАБЫС** з а т . *Өнімді көбейтерлік мәні бар, бір нәрсені жетілдіру арқылы табылған жаңалық.*

**ӨНЕРТАНУ** з а т . *Өнерді зерттейтін қоғамдық ғылымдар жиынтығы.*

**ӨНЕРТАНУШЫ** з а т . *Өнерді зерттейтін адам.*

**ӨНЕРТАПҚЫШ** з а т . *Өндірісте техника жетістіктерінен жаңалық ашқан адам.*

**ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ** з а т . *Техника жетістіктерінен жаңалық ашу я табу қабілеті.*

**ӨНЕРХАНА** з а т . *Өнер үйі, өнер ғимараты.*

**ӨНЕРШЕК** с ы н . с ө й л . ***Өнерлі.***

**ӨНЕРШІ** з а т . **1.** *Қолынан әртүрлі іс келетін адам.* **2.** *Әнші, күйші, өнерпаз. // Өнерпаз адам, өнер иесі.*

**ӨНЕРШІК** з а т . *Ешкі асығы.*

**ӨНЕРШІЛ** с ы н . **1.** *Ән айтқыш, күй тартқыш, өнерпаз.* **2.** *Қолынан әртүрлі іс келетін, шебер (кісі).*

**ӨНЕРШІЛДІК** з а т . *Қолынан өнер келетіндік, өнерге бейімділік.*

**ӨНЕРШІЛІК** з а т . *Әртүрлі іс істей білушілік, өнерге әуестенушілік.*

**ӨНЖЕЙЛІ** с ы н . ж е р г . *Айтарлықтай, соншалық, жөнді.*

**ӨНЖЕУЛІ** с ы н . с ө й л . ж е р г . ***Жөнді.***

**ӨНЖЕУСІЗ** с ы н . ж е р г . *Жөнсіз, болар-болмас.*

**ӨНУ** *Өн етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНШІК** з а т . э т н . *Қара жабу.*

**ӨНІК** з а т . **1.** *Жер бетіне көктеп шыққан алғашқы өнім.* **2.** *Өнімділік, молдық.*

**ӨНІК**[2] с ы н . *Өнімді, қарқынды.*

**ӨНІКСІЗ** с ы н . *Өнімсіз, өнімі аз.*

**ӨНІКТІ** с ы н . **1.** *Егуге қолайлы, өнімді.* **2.** а у ы с. *Жүрісі шапшаң, қарқынды.* **3.** а у ы с. *Өнімді, табысты.*

**ӨНІЛ=** е т. *Өсу, өрбу.*

**ӨНІМ** з а т . **1.** *Егілген дақылдардан алынатын түсім: астық, жеміс, жидек т.б.* **2.** *Малшаруашылығынан түсетін пайда, табыс; ет, сүт, жүн т.б.* **3.** *Өнеркәсіп орындары өндіретін зат.* **4.** *Түсім, пайда.* **5.** э к о н . <лат. productio> *Белгілі бір уақыт аралығында (дүниежүзінде, елде, шаруашылық саласында, кәсіпорында, жеке қызметкер өндірген) өндірілген өнімдердің бүкіл көлемі.*

**Өнім айырбасы.** э к о н . *Өзі қалаған қажетті өнімді біреуден басқа бір өнімге айырбастап алу; қоғамдық өндірістің өнім (тауар) өндіру (қызметтер көрсету) үдерісін бөліске салумен және тұтынумен байланыстыратын сатысы; өндіру – бөлісу – айырбастау – тұтыну айналымының құрамдас бөлігі.* **Өнім ассортименті.** э к о н . *Кәсіпорынның, өндіріс саласының шығарған өнімдеріне немесе белгілі бір тауарлар тобына бұйымның жекелеген түрлерінің құрамы мен арақатынасы.* **Өнімнің ақауы.** э к о н . *Өнімнің белгіленген талаптарға сай келмеуі.* **Өнімнің бәсекелесуге жарамдылығы.** э к о н . *Тауардың (өнімнің, бұйымның, көрсетілетін қызметтің) тұтыну қасиеттерінің жиынтығы; басқа бір өндірушінің осындай тауарынан (бәсекелес-тауардан) нақты қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес келу дәрежесі.* **Өнімнің комплектілігі.** т е х . *Өндірісте бұйымның барлық бөлшектерін көрсетілген мерзімде техникалық нормаға сәйкес біркелкі жасап, жинап, график бойынша шығару.* **Өнімнің материал сыйымдылығы.** к е н . *Материал және отын-қуат қорын тиімді пайдалану көрсеткіштерінің бірі.* **Өнімнің өзіндік құны.** э к о н . *Өнімді (бұйымдарды) өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету барысында пайдаланылатын табиғат ресурстарының, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның, негізгі құралдардың, оны дайындау мен өткізуге жұмсалатын басқа да шығындардың ақшалай тұлғалануы (бағалануы).* **Өнімнің пайдалылығы.** э к о н . *Өнімнің тиісті түрін өткізуден алынған пайданың оны өндіру мен өткізуге жұмсалған шығынға қатынасымен айқындалатын көрсеткіш.* **Өнім сапасы.** э к о н . *Өнімнің сатып алушының белгілі бір қажеттерін қанағаттандыруға жарамдылығын сипаттайтын сапалық қасиеттерінің жиынтығы және тиімділігінің өлшемі.* **Өнім шығымы.** э к о н . *Кеннен алынған өнімдер массасын бастапқы кен массасына шаққандағы оның пайыздық үлесі.*

**ӨНІМГЕР** з а т . <лат. producens – өндіруші> *Өндіруші; белгілі бір тауарды өндіруші ел.*

**ӨНІМДІ** с ы н . **1.** *Өнімі, шығымы мол.* **2.** *Нәтижелі, табысты.* **3.** *Көп, мол.*

**Өнімді қосымша [жұрнақ]**. л и н г в . *Жаңа сөз бен тұлға жасауда жиі қолданылатын морфема.*

**ӨНІМДІК** с ы н . *Өнімге қатысты, тәуелді.*

**ӨНІМДІЛІК** з а т . *Өнімі молдық, түсімділік.*

**Өнімділік көрсеткіші.** э к о н . *Егін шығымдылығының өткен кезбен салыстырғандағы өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.* **Өнімділік бірлігі.** и н ф . <ағыл. performance unit>. *Уақыт бірлігі аралығында компьютермен орындалатын амалдар санымен анықталатын бірлік.*

**ӨНІМДІРЕК** с ы н . *Ұтымдырақ, тиімдірек, өнімділеу.*

**ӨНІМСІЗ** с ы н . *Мардымсыз, өнбейтін. // Мардымсыз дүние.*

**Өнімсіз қосымша.** л и н г в . *Мүлде сөз тудырмайтын немесе жаңа сөз бен тұлғаларды сирек жасайтын морфема.* **Өнімсіз шығыс.** э к о н . *Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың өндірістік және шаруашылық-қаржы қызметіндегі бұрмалаушылықтар мен кемшіліктер туғызған шығындар мен ысырап.*

**ӨНІМСІЗДЕУ** с ы н . *Мардымсыздау; өнімді емес.*

**ӨНІМСІЗДІК** з а т . *Өнбей жатқандық, нәти- жесіздік, берекесіздік.*

**ӨНІМТАЛ** с ы н . **1.** *Жақсы өнім беретін, өсімтал.* **2.** *Тез көбейгіш, өнгіш.*

**ӨНІМТАЛДЫҚ** з а т . *Өсімталдық, өнгіштік.*

**ӨНІМШІ** з а т . *Өнім өндіруші, өнім алушы.*

**ӨНІҢКІРЕ=** е т. **1.** *Көгере бастау, көгеру.* **2.** *Өркен жаю, өсіп-өну.* **3.** а у ы с. *Ісі алға басу, өну.*

**ӨНІҢКІРЕУ** *Өніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨНІП-ӨС=** е т. **1.** *Өркен жаю, өсіп-өну.* **2.** *Басқа бас қосылу, көбею.* **3.** а у ы с . *Қарқындап даму, жетілу, өркендеу.*

**ӨНІП-ӨСУ** *Өніп-өс етістігінің қимыл атауы.*

**Өніп-өсу кезеңі.** б о т . <лат. vegetatio – қозу, жандану> а) *Жыл ішіндегі метеорологиялық жағдайларға қарай өсімдіктердің өніп-өсуі мен дамуы мүмкін болатын кезең.* ә) *Өсімдіктер дамуының толық оралымы өтуіне қажет уақыт.* **Өніп-өсуден тыс суармалау.** е г і н ш а р . *Топырақта ылғал жиналу үшін егістік жерде егіннен бос кезде жүргізілетін суару.*

**ӨҢ**[1] з а т . **1.** *Адамның бет-пішіні, бет әлпеті, шырайы.* **2.** *Ажар, көрік, түр.* **3.** *Заттың теріс жағына қарама-қарсы жағы; оң жағы.* **4.** а у ы с . *Бағыт, әрекет.*

**Өң алды.** *Белгілі бір түске енді.* **Өң [өңін] алдырмады.** а) *Сыр бермеді, ештеңе сезбегендей кейіп көрсетті.* ә) *Реңін, жүз бояуын, шырай көркін бермеді, көркін сақтады.* **Өң берді.** а) *Ажар берді, көркейтті.* ә) *Түрлендірді, құлпыртты, сән берді.* **Өң бұзысты**. *Ренжісті, келіспей қалысты.* **Өң жоқ, сөл жоқ.** *Өңі жуған шүберектей, құпқу.* **Өң киім**. а) ж е р г . *Өңі бүтін, жаңа киім.* ә) *Сырттан киетін киім.* **Өң салды.** *Түрлендірді, өзгертті.* **Өңі бозарды [қуарды].** *Қаны қашты, сұрланып кетті, өңі тайды, қуқыл тартты.* **Өңі бұзылды**. *Өңі қашып, құп-қу болды, сұрланды.* **Өңі бүтін**. *Өңі түзу, жаңа, киілмеген (киім).* **Өңі гүлдей солды.** *Бозарды, көгерді.* **Өңі енді.** *Ажарланды, әрленді.* **Өңі жүдеуге айналған.** *Жүдеу тартқан, шау тартқан.* **Өңі жүдеу [жүдау] тартты.** *Жабырқады, қамықты.* **Өңі жылы.** *Жылы шырайлы.* **Өңі жылынды.** *Жылышырай танытты.* **Өңі жібіді [жібіңкіреді, жылыды].** *Ашулы райдан қайтып, жылы шырай берді, жүзі жұмсарды.* **Өңі кетті [түсті].** *Түрі өзгерді, бозарды, сұрланды.* **Өңі кірді**. а) *Бетіне қан жүгірді, ажарланды.* ә) *Нұрланды, құлпырды.* **Өңі қара түндей.** *Түнерген, түрі қарауытқан.* **Өңі қашты.** а) *Түсі өзгерді, түрі бұзылды.* ә) *Маңызы, мәні кетті.* **Өңі қашыңқырады.** *Жүзі суыды, сұрланды, түрі бұзылды.* **Өңі қуқыл тартты.** *Бет әлпеті құп-қу болып кетті, қаны қашты, сұрланды.* Өңі тайды. *Жүдеу тартты, әрінен айырылды.* **Өңін айналдырды**. *Теріс түсінік берді, дұрыс айтпады, бұрмалады.* **Өңін алдырмады [бермеді].** а) *Реңін, шырай көркін бермеді, көркін сақтады.* **Өңін ашты.** *Нұрландырды, шырайын кіргізді.* **Өңін бермеді.** а) *Әуелгі қалпын сақтады, түсін жоғалтпады, бояуы оңбады.* ә) *Ажары таймады, қартаймады.* б) *Түсін жылытпады, жылы шырай білдірмеді.* **Өңіне қан жүгірді.** *Жүзі алауланды, қызарды.* **Өңін суық салғансыды.** *Сабырлық сақтады, күлмеді.* **Өңін тастады.** *Өңі кетті, оңды, ескірді.* **Өңі нұрланды.** а) *Ажарланды, сұлуланды, көркі кірді.* ә) *Мейірленді, иманы жүзіне үйірілді.* **Өңі өзгерді.** *Түрі бұзылды, сұрланды.* **Өңі өрттей.** *Жүзі күрең тартқан.* **Өңі сынық**. *Жүзі жүдеу, өңі солғын.* **Өңі тайды.** а) *Түсі кетті, бояуы оңды.* ә) *Ажарын жоғалтты, көріксізденді.* **Өңі түзу.** *Бір көрмеге жақсы, әдемі, көрікті.* **Өңі шүберектей қуарды.** *Түрі өзгерді, өңі қашты, бозарды.*

**ӨҢ**[2] з а т . *Адамның ұйықтамаған, ояу кезі.*

**Өң бе, түс пе?** *Өң мен түстің арасында меңзең болып жату, болған оқиғаның рас-өтірігіне сенбеу, көзі жетпеу жағдайында айтылатын сөз.* **Өң жоқ, түс жоқ**. *Аппақ құдай, боп-боз.* **Өң мен түстей**. *Айқын емес, бұлыңғыр.* **Өң мен түстің арасы.** *Мең-зең, түсініксіз жағдайда.* **Өңі екенін, түсі екенін білмеді.** *Ес-түсінен жаңылды.* **Өңімде деп айтайын** с ө й л . *Көрген түсін түс ауа айтуға болмайды деген ырыммен, түсінде емес өңінде көрген әңгімесі етіп айтайын дегенді білдіретін қолданыс.* **Өңімде емес, түсімде.** *Шын өмірде емес, қиялымда деген мағынада.*

**ӨҢ**[3] с ы н . *Ылғи, кілең.*

**ӨҢБЕК** з а т . с ө й л . ***Өңмен.***

**ӨҢБЕН** з а т . с ө й л . ***Өңмен.***

**ӨҢБЕҢ** з а т . с ө й л . ***Өңмен.***

**ӨҢБЕР** з а т . с ө й л . ***Өңмен.***

**ӨҢГЕ** сын. **1.** *Бұдан бөтен, басқа, өзге.* // *Басқа адам, бөтен кісі.* **2.** *Бөлек, ерекше, айрықша.*

**ӨҢГЕ-ӨҢГЕ** үст. *Басқасы басқа.*

**ӨҢГЕДЕЙ** сын. *Басқадай, басқаша, бөтен.*

**ӨҢГЕЛЕ=** ет. *Басқаша ету, өзгеше ету.*

**ӨҢГЕЛЕУ** *Өңгеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢГЕР=** ет. **1.** *Бір нәрсені ердің алдыңғы жағына көлденең салу.* **2.** *Алдына алу, қолына алу.* **3.** ауыс. *Ие болу, қол жеткізу.* **4.** ауыс. *Еңсеру, толу.*

**ӨҢГЕРЕК** сын. сөйл. *Басқашарақ, бөлегірек, бөтендеу.*

**ӨҢГЕРТ=** ет. *Бір нәрсені ердің алдыңғы жағына көлденең салдырту.*

**ӨҢГЕРТУ** *Өңгерт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢГЕРУ** *Өңгер етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢГЕРІЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ердің алдыңғы жағына көлденең салынуы.* **2.** *Қолға алыну.* **3.** ауыс. *Қолға түсу, олжа болу.*

**ӨҢГЕРІЛУ** *Өңгеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢГЕРІС=** ет. *Қатар өңгеру, бірге алып жүру.*

**ӨҢГЕРІСУ** *Өңгеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕ=** ет. **1.** *Жөндеу, дұрыстау.* **2.** *Бір нәрсенің кемшілігін түзеу, реттеу.* **3.** *Заттың сапасын арттыру, құрамын жақсарту.* **4.** егінш ар. *Егін егу үшін топырақты майдалау, жерге тыңайтқыш беріп дайындау.* **5.** *Әсемдеу, сәндеу, өң беру.* **6.** инф. *Мәліметтерді компьютердің көмегімен реттеу.*

**ӨҢДЕГІШ** сын. *Заттың сапасын арттырғыш, жақсартқыш.*

**ӨҢДЕЛ=** ет. **1.** *Жөнделу, дұрысталу.* **2.** *Сапасы жақсару, реттелу, сұрыпталу.* **3.** *Өң берілу, сапасы арттырылу.* **4.** егіншар. *Топырақтың майдалануы, тыңайтылуы.*

**ӨҢДЕЛМЕ** сын. *Өңделетін, жөнделетін, сапасы арттырылатын.*

**Өңделме шикізат.** экон. *Жаңа өнім әзірлеу үшін ұқсатуға берілген (қабылданған) өнім.*

**ӨҢДЕЛУ** *Өңдел етістігінің қимыл атауы.*

**Өңделуі қиын кендер.** кен. *Құрамындағы минералдардың байланысы өте күрделі, сондай-ақ гидрометаллургиялық өңдеуде ерігіштік қасиеттерінің төмен болуына және басқа да қасиеттеріне байланысты жоғары сапалы өнімдер алу мүмкіндігі төмен кендер.*

**ӨҢДЕЛІН=** ет. *Сапасы арттырылу, жақсартылу.*

**ӨҢДЕЛІНУ** *Өңделін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕН=** ет. *Құлпыру, жайнау.*

**ӨҢДЕНДІР=** ет. *Сәндендіру, өң беру, құлпырту.*

**ӨҢДЕНДІРУ** *Өңдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕНУ** *Өңден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕС**[1] сын. *Түстес, ұқсас.*

**ӨҢДЕС**[2]**=** ет. *Сапасын арттырысу, бірге жақсарту.*

**ӨҢДЕСУ** *Өңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕТ=** ет. **1.** *Дұрыстату, жөндету.* **2.** *Топырақты майдалату, тыңайту.*

**ӨҢДЕТУ** *Өңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕТІЛ=** ет. *Жөнделу, реттелу.*

**ӨҢДЕТІЛУ** *Өңдетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢДЕУ** *Өңде етістігінің қимыл атауы.*

**Өңдеу өнеркәсібі.** тамақ. *Өндірістің өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы шикізаттарын өңдеумен айналысатын саласы.* **Өңдеу үдерісі.** инф. *Есептеу жүйесінде ерекше жағдай болып қалғанда, бағдарламаны уақытша үзу кезінде немесе басқа оқиғаларға тап болғанда орындалатын процедура, яғни соған жауап беру бағдарламасы.*

**ӨҢДЕУШІ** зат. *Өңдеу жұмысын жүргізуші адам.* // *Өңдеу жұмыстарын жүргізуші.*

**Өңдеуші бағдарлама.** инф. *Мәліметтерді немесе басқа да бағдарламаларды өңдейтін бағдарлама.*

**ӨҢДЕУШІЛІК** зат. *Өңдеу жұмысымен шұғылданушылық.*

**ӨҢДЕУІШ** зат. инф. *Есептеу жүйесінде ерекше жағдай болып қалғанда, бағдарламаны уақытша үзу кезінде немесе басқа оқиғаларға тап болғанда орындалатын процедура.*

**ӨҢДІ** сын. *Өңі әдемі, ажарлы.*

**ӨҢДІЖЕЙЛІ** сын. *Соншалық, айтарлықтай.*

**ӨҢДІЛЕУ** сын. **1.** *Ажарлылау, көрікті-леу.* **2.** *Өңі ұқсас, өңдес.*

**ӨҢДІЛІК** зат. *Өңі әдемілік, көріктілік.*

**ӨҢЕЗ** зат. **1.** *Көп тұрып қалған тамақтың ыдыс жиегіндегі базданған қалдығы.* **2.** ауыс. *Жуынды.* **3.** ауыс. *Былжыр, болбыр.*

**ӨҢЕЗДЕ=** ет. **1.** *Пайда болу, байлану.* **2.** ауыс. *Бүркеу, жабу.*

**ӨҢЕЗДЕЙ** сын. *Өңез тәрізді, өңез сияқты.*

**ӨҢЕЗДЕЛ=** ет. *Жиектегі қалдықтың баздануы.*

**ӨҢЕЗДЕЛУ** *Өңездел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗДЕН=** ет. **1.** *Өңез пайда болу, баздану.* **2.** *Көбіршіктену, көбіктену.*

**ӨҢЕЗДЕНУ** *Өңезден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗДЕНІҢКІРЕ=** ет. *Аздап өңез пайда болу, өңез байлану, тұру.*

**ӨҢЕЗДЕНІҢКІРЕУ** *Өңезденіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗДЕУ** *Өңезде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗЕ** сын. жерг. *Кұп-қу, боп-боз.*

**ӨҢЕЗЕЛЕ=** ет. *Өңмеңдеу, екпіндеу.*

**ӨҢЕЗЕЛЕУ** *Өңезеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗЕЛІК** зат. *Өңмендік, екпінділік.*

**ӨҢЕЗУ** *Өңезі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕЗІ=** ет. *Өңі кету, сәнінен айырылу.*

**ӨҢЕЗІК** зат. *Бозданған иіс.*

**ӨҢЕЙ=** ет. *Өңі кіріп, ажарлану.*

**ӨҢЕРІН** зат. зоол. *Балықтың түрі.*

**ӨҢЕШ**[1] зат. **1.** *Ас өтетін жұтқыншақтан кейінгі мүше.* **2.** анат. <лат.esophagus> *Жұтқыншақ пен асқазан арасындағы ас жүретін жол, етті түтік, жұтқыншақты қарынмен (асқазан) жалғастыратын, ас қорыту жүйесінің түтікше мүшесі.* **3.** ауыс. *Заттың үңгір қуысы.* // *Жалмауыз, қомағай.*

**Өңеш қатерлі ісігі.** мед. *Өңеш обыры, қылтамақ.* **Өңеш науасы.** биол. *Күйісті жануарлардың көп бөлімді қарны жұмыршақ бөлімінің қабырғасында орналасқан, өңештің жалғасы.* **Өңеш рагы**. мед. *Өңеш қатерлі ісігі, қылтамақ.* **Өңешінен [тамақ] өтпеді.** *Жұта алмады, тамақтана алмады.* **Өңешінен өтіп кетті [өтті]**. *Ішіп-жеп қойды, қажетке жаратты.* **Өңешін жыртты.** *Бақырды, айғайлады, даусы қатты шықты.* **Өңешін жібітті**. *Сұйық тамақ, арақ, ішімдік т. б. ішті.* **Өңешін қызартты.** *Өзеуреді, дауыс көтерді, құр айқайға басты.* **Өңешін созды**. *Құр айғайға басып өзеуреді, даурықты.* **Өңешін шығарған шақ.** *Бұраның жараған уағындағы сыртқы белгісі.*

**ӨҢЕШ**[2]**: өңеш бұлт.** *Теңіз жағалауында болатын қара дауыл, қара құйын.*

**ӨҢЕШҚҰМАР** сын. *Өз құлқынын ойлайтын, ішкіш.*

**ӨҢЕШТЕ=** ет. *Айғайға басу, өзеуреу.*

**ӨҢЕШТЕЙ** сын. *Өңеш тәрізді, өңеш сияқты.*

**ӨҢЕШТЕН=** ет. *Өзеуреу, даурығу.*

**ӨҢЕШТЕНУ** *Өңештен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕШТЕҢКІРЕ=** ет. *Өңештей түсу, өзеуреңкіреу.*

**ӨҢЕШТЕҢКІРЕУ** *Өңештеңкіре етістігі-нің қимыл атауы.*

**ӨҢЕШТЕС** ет. **1.** *Өзеуресу, даурығысу.* **2.** *Қарсыласу, қарсы келу.*

**ӨҢЕШТЕСУ** *Өңештес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕШТЕТ=** ет. *Өңешіне дейін жіберу.*

**ӨҢЕШТЕТУ** *Өңештет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕШТЕУ** *Өңеште етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢЕШТІ** сын. *Өңеші бар.*

**ӨҢЕЮ** *Өңей етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКЕЙ** үст. *Өңшең, біркелкі, бірыңғай.*

**ӨҢКЕНДЕ** сын. *Бар денесімен ыңғайсыз қозғалу, өңкең-өңкең ету.*

**ӨҢКЕҢДЕС=** ет. *Өңкең-өңкең етісу, ыңғайсыз қозғалысу.*

**ӨҢКЕҢДЕСУ** *Өңкеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКЕҢДЕТ=** ет. *Өңкең-өңкең еткізу, қорбаңдату.*

**ӨҢКЕҢДЕТУ** *Өңкеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКЕҢДЕУ** *Өңкеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКИ=** ет. *Ірі денелі адамның қолапайсыз қорбиюы, дөңкиюі.*

**ӨҢКИТ=** ет. *Дөңкиту, қорбиту.*

**ӨҢКИТУ** *Өңкит етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКИІС=** ет. *Дөңкиіс, қорбиысу.*

**ӨҢКИІСУ** *Өңкиіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКИЮ** *Өңки етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢК-ӨҢК: өңк-өңк етті.** *Аяңын жеделдетті, желе жортты, өңкілдеді.*

**ӨҢКІЛДЕ=** ет. **1.** *Өңк-өңк ету.* **2.** ауыс. *Құйындата, дауылдата соғу (жел), екпіндете, шапшаң ағу (су).* **3.** ауыс. *Бар денесімен солқ-солқ етіп жылау.*

**ӨҢКІЛДЕС=** ет. *Өңк-өңк етісу.*

**ӨҢКІЛДЕСУ** *Өңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКІЛДЕТ=** ет. *Өгіз, сиыр сияқты малдарды өңк-өңк еткізіп қуу не міну.*

**ӨҢКІЛДЕТУ** *Өңкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКІЛДЕУ** *Өңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢКІРЕ=** ет. *Өңкілдеу, өңк-өңк ету.*

**ӨҢКІРЕУ** *Өңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕ=** ет. сөйл. *Өңмеңдеу, кеуделеу, киіп-жару.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕС=** ет. *Өңмеңдесу, ентелеп, киіп-жарысу.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕСУ** *Өңмелеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕТ=** ет. *Өңмеңдету, ентелету.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕТУ** *Өңмелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕЛЕҢДЕУ** *Өңмелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕН** зат. *Қос өкпенің тұсы асқазан- нан жоғарырақ жер.*

**Өңменнен өтті.** а) *Өне-бойын бірақ мұздатты, қатты тоңдырды.* ә) *Қадалды, тесіле қарады.* б) *Жанға батты, намысына тиді.* **Өңменнн үзді.** *Мүрдем кетірді, өлтірді.*

**ӨҢМЕҢ**: **өңмең қақты**. *Кеуделеп, киіп-жарды, өңмеңдеді.*

**ӨҢМЕҢДЕ=** ет. *Кеуделеу, киіп-жару, ентелеу.*

**ӨҢМЕҢДЕҢКІРЕ=** ет. *Кеуделей түсу, киіп-жара ентелей түсу.*

**ӨҢМЕҢДЕҢКІРЕУ** *Өңмеңдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕҢДЕС**= ет. *Ентелесу, бірін-бірі итерісу, киіп-жару.*

**ӨҢМЕҢДЕСУ** *Өңмеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕҢДЕТ=** ет. *Ентелету, екпіндету, киіп-жару.*

**ӨҢМЕҢДЕТУ** *Өңмеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕҢДЕУ** *Өңмеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢМЕҢШІЛ** сын. *Өңмеңдеген, ентелеген.*

**ӨҢ-СӨЛ** зат. *Түр-түс, кескін-келбет.*

**ӨҢСІЗ** сын. **1.** *Өңі кеткен, бояуы оңған, түссіз.* **2.** *Өңі қашқан, ап- пақ қудай.* **3.** ауыс. *Келбеті келіспеген, түрсіз.*

**ӨҢСІЗДЕН=** ет. **1.** *Бояуы, өңі кету, оңу.* **2.** *Бетінің әрі кетіп, өңі қашу.*

**ӨҢСІЗДЕНУ** *Өңсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢСІЗДЕУ** сын. *Көріксіздеу, әрсіздеу.*

**ӨҢ-ТҮС** зат. *Сыртқы түр, бет-бейне, келбет.*

**Өң-түс жоқ.** *Өң жоқ, түс жоқ, аппақ қудай.* **Өң-түсі бұзылды [қашты].** *Өңінен қаны қашып, аппақ қудай болды, көңілі, түрі бұзылды.*

**ӨҢ-ТҮССІЗ** сын. **1.** *Өң-түсі жоқ, өңі қашқан.* **2.** *Бозарған.*

**ӨҢ-ТҮСТЕЙ** үст. *Өң мен түс арасында, тез, жылдам.*

**ӨҢШЕҢ** үст. *Өңкей, біркелкі, бірыңғай.*

**ӨҢ-ШЫРАЙ** зат. *Келбет, түр.*

**ӨҢІ-ЖҮЗІ** зат. *Бет әлпеті, бет пішіні, өңі.*

**ӨҢІР**[1] зат. **1.** *Киімнің екі алдыңғы бойы.* **2.** этн. *Әйел көйлегінің алдыңғы көкірек тұсындағы кестеленіп, әшекейленген бөлігі.* **3.** этн. *Жаңа түскен келіннің жасауының бетіне салынған, теңді шешкен әйел алып, жолымен үлестіретін бірнеше бөлшек кездеме.*

**Өңір салу.** этн. *Киіт салғанда әйел адамдарға арналып, кестеленген өңір, кездеме салу кәдесі.*

**ӨҢІР**[2] зат. *Аймақ, төңірек, алқап.*

**ӨҢІРДЕЙ** сын. *Өңір сияқты, өңір тәрізді.*

**ӨҢІРЕ=** ет. *Бақырып, айғайлап жылау; өкіру.*

**ӨҢІРЕЙ=** ет. *Өңкию, дөңкию, қыжірею.*

**ӨҢІРЕҢДЕ=** ет. *Баса-көктеу, қағып-соғу, кимелеу.*

**ӨҢІРЕҢДЕТ=** ет. *Адыраңдату, кимелету.*

**ӨҢІРЕҢДЕТУ** *Өңіреңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЕҢДЕУ** *Өңіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЕУ=** ет. *Өңіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЕЮ** *Өңірей етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЖИЕК** зат. этн. *Әйел киімінің өңіріне сәндік үшін тағылатын алтын, күміс тәрізді бағалы металдан жасалған әшекей.*

**ӨҢІРЛЕ=** ет. *Жеке өңірлерге бөліну.*

**ӨҢІРЛЕН=** ет. *Бөліну, ерекшелену.*

**ӨҢІРЛЕНУ** *Өңірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЛЕС** сын. *Аймақтас, алқаптас.*

**ӨҢІРЛЕТ=** ет. *Ерекшелету, даралату.*

**ӨҢІРЛЕТУ** *Өңірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЛЕУ** *Өңірле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨҢІРЛІ** сын. *Өңір салынған, өңірі бар.*

**ӨҢІРЛІК** сын. *Белгілі бір өңірге, аймаққа тән.*

**Өңірлік қауіпсіздік.** әск. *Жеке елді мекеннің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы.*

**ӨҢІРШЕ** зат. этн. *Киімнің екі алдыңғы бойы; көйлектің алдыңғы жағынан омырау тұсына жапсырып тігетін әшекейлі, кестелі, көркем безендірілген мата бөлігі, алқалық.*

**ӨҢІ-ТҮСІ** зат. *Бет-бейне, келбет.*

**ӨҢІС** зат. жерг. *Өріс, жол, мүмкіндік.*

**ӨП=** ет. **1.** *Ернін тигізіп сүю.* **2.** *Желпу, рақат сезімге бөлеу.*

**ӨПЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Әбектеу***.

**ӨПЕКТЕУ** *Өпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨПЕ-ТАПА** үст. жерг. *Там-тұмдап, үнем- деп.*

**ӨПЖЕЛ** үст. жерг. *Әпжіл, тез, шап- шаң.*

**ӨПКЕ** зат. сөйл. ***Өкпе***.

**ӨПКЕЛЕ** ет. жерг. ***Өкпеле***.

**ӨПКІЗ=** ет. *Өптіру, сүйгізу.*

**ӨПКІЗУ** *Өпкіз қимыл етістігінің атауы.*

**ӨП-ӨЗГЕ** сын. *Тым өзге, мүлде басқаша.*

**ӨП-ӨҢДІ** сын. *Әп-әдемі, сымбатты.*

**ӨП-ӨТКІР** сын. *Тым өткір, өте өткір.*

**ӨП-ӨТІРІК** сын. *Көрінеу өтірік, жалған.*

**ӨПТІР=** ет. *Өпкізу, сүйдіру.*

**ӨПТІРУ** *Өптір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨПШІН** зат. көне. *Жабу.*

**ӨПІРЕМ** сын. жерг. *Өзімшіл, менмен, тә- каппар. // Өзімшіл, менмен адам.*

**ӨПІРЕМДЕ=** ет. *Менмендік істеу, өкіреңдеу, өзімшілдік жасау.*

**ӨПІРЕМДЕС=** ет. *Өпіреңдесу, адыраңдасу.*

**ӨПІРЕМДЕСУ** *Өпіремдес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨПІРЕМДЕТ=** ет. *Өкірең-өкірең еткізу, өкіреңдету.*

**ӨПІРЕМДЕТУ** *Өпіремдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨПІРЕМДЕУ** *Өпіремде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨПІРЕМДІК** жерг. *Өркөкіректік, өзімшілдік, менмендік.*

**ӨПІРІМ** сын. *Тәуекелшіл, менмен, өпірем.*

**ӨР**[1] зат. **1.** *Таулы, дөңді жерлердің етегінен биіктеп көтерілетін, ылдиға қарама-қарсы жер.* **2.** *Биік, жоғары жақ.* **3.** ауыс. *Жоғарғы нысана, мақсат.*

**Өрге бастыру.** *Дамыту, ілгерілету, алға жылжыту.* **Өрге жүзген наһандай.** бейн. *Ірі, алып, қайсар.* **Өрге жетелейді.** бейн. *Шақырады, елітеді.* **Өрге жеткізді.** *Мақсатына жеткізді, тілегін орындады.* **Өрге сүйреді.** *Жетектеді, жол бастады, басшылық етті.* **Өрге ұмтылды.** *Биік мақсат қойды, талаптанды.* **Өрге шықты.** *Биік мақсаттарға қол жеткізді, тілегі орындалды.* **Өр жақ.** *Шығыс, шығыс аймақ.*

**ӨР**[2] сын. **1.** *Биік, асқақ.* **2.** ауыс. *Өжет, батыл.* **3.** ауыс. *Тәкаппар, менмен, өзімшіл.*

**Өр дауысты.** *Асқақ үн.* **Өр жігіт.** *Басынан сөз асырмайтын, ешкімге ақысын жібермейтін, әділетсіздікке жол бермейтін, дегенінен қайтпайтын, өте батыл, ержүрек, көкірегі зор жігіт.* **Өр көңілді.** *Тік мінезді.* **Өр талап.** *Биік мақсат.*

**ӨР**[1]**=** ет. **1.** *Малдың жайылымға шығуы.* **2.** *Бір үйде тұру, тіршілік ету, кіріп-шығып жүру.* **3.** жерг. *Тұру, ұйқыдан ояну, басын көтеру.* **4.** *Шұбыру, қаптау.* **5.** көне. *Ұшу; тіршілік ету.* **6.** ауыс. *Тарау, таратылу.*

**Өріп жүр**. *Қаптап, толып жүр.*

**ӨР**[2]**=** ет. **1.** *Қайыс, шаш, жіп тәрізді заттарды тарамдап алып, айқастырып біріктіру, қосу.* **2.** ауыс. *Құрау, құрастыру, жинақтау.*

**ӨР**[3]**=** ет. *Салынып жатқан үйдің қабырғасын, іргесін көтеру, кірпіш, тас қалау.*

**ӨРБУ** *Өрбі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІ=** ет. **1.** *Өрлеу, жоғары көтерілу.* **2.** *Қаптау, толу.* **3.** ауыс. *Өсу, даму, жетілу; өркен жаю.* **4.** ауыс. *Туындау, өршу.*

**ӨРБІКСУ** *Өрбіксі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІКСІ=** ет. *Өршелену, ерегісу.*

**ӨРБІСУ** *Өрбіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІП-ӨС=** ет. *Көбею, ұлкею, ер жету, өсу, жетілу.*

**ӨРБІП-ӨСУ** *Өрбіп-өс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІС=** ет. *Қаулау, тарау.*

**ӨРБІСУ** *Өрбіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІТ=** ет. **1.** *Дамыту, жетілдіру.* **2.** *Көбейту, молайту.*

**ӨРБІТУ** *Өрбіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көбейту, молайту.* **2.** *Дамыту, же- тілдіру.*

**Өрбіту батырмасы.** инф. *Терезенің мөлшерін дисплей экранының мөлшеріне дейін үлкейтуге арналған батырма.*

**ӨРБІТУШІ** зат. *Дамытушы, жалғастырушы.*

**ӨРБІТІЛ=** ет. **1.** *Көбейтілу, молайтылу.* **2.** *Тарқатылу, дамытылу.*

**ӨРБІТІЛУ** *Өрбітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІТІП-ӨСІР=** ет. *Көбейту, қаптату, молайту.*

**ӨРБІТІП-ӨСІРУ** *Өрбітіп-өсір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРБІТІС=** ет. *Дамыту, тарату.*

**ӨРБІТІСУ** *Өрбітіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГЕК** сын. **1.** *Биік, ерекше, дара.* **2.** *Жетілген, дамыған, толысқан.* **3.** *Өсімтал, төзімді.*

**ӨРГЕЛЕҢ** зат. жерг. *Биік, өр жер.*

**ӨРГІЗ**[1]**=** ет. **1.** *Малды жайылымға шығару.* **2.** *Төлдету, балапан шығару, көбейту.*

**ӨРГІЗ**[2]**=** ет. *Шашын өрдіру.*

**ӨРГІЗ**[3]**=** ет. *Үйдің т.б. қабырғасын қалау, іргесін көтеру.*

**ӨРГІЗУ**[1] *Өргіз*[1] *етістігінің қимыл атауы. Малды жайылымға шығару.*

**ӨРГІЗУ**[2] *Өргіз етістігінің қимыл атауы, шашын тарамдап алып, айқастырып біріктіру.*

**ӨРГІЗУ**[3] *Өргіз*[3] *етістігінің қимыл атауы; кірпіш қалату.*

**ӨРГІЗІЛ=** ет. **1.** *Малдың жайылымға шығарылуы.* **2.** *Көбейтілу, төлдетілу, қозы алыну.*

**ӨРГІЗІЛУ** *Өргізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГІЗІҢКІРЕ=** ет. *Әлдеде өргізе түсу.*

**ӨРГІЗІҢКІРЕУ** *Өргізіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГІЗІП-ЖАЙҒЫЗ=** ет. *Малды өріске жіберу, өргізу, жаю.*

**ӨРГІЗІП-ЖАЙҒЫЗУ** *Өргізіп-жайғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГІЗІП-ЖУСАТ=** е т. *Дегенімен жүргізу, айтқанын істету, әміріне бойсұндыру.*

**ӨРГІЗІП-ЖУСАТУ** *Өргізіп-жусат етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГІЗІП-ТҰРҒЫЗ=** е т. **1.** *Әмірін жүргізу, дегенін істету.* **2.** *Жұмыс істету.*

**ӨРГІЗІП-ТҰРҒЫЗУ** *Өргізіп-тұрғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРГІШ** з а т . *Өрудің шебері.*

**ӨРДЕШ** с ы н . с ө й л . *Биік, көтеріңкі.*

**ӨРДІР[1]=** е т. *Малды жайылымға шығару, өргізу.*

**ӨРДІР[2]=** е т. *Қайыс, шаш, жіп т.б. заттарды өргізу.*

**ӨРДІРУ[1]** *Өрдір[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРДІРУ[2]** *Өрдір[2] етістігінің қимыл атауы; шаш өргізу.*

**ӨРЕ[1]** з а т . **1.** э т н . *Құрт, ірімшік, жеміс-жидек кептіру үшін ағаштан, шиден жасалған биік сөре.* **2.** э т н . *Жылқының аттанар жақ алдыңғы және артқы аяқтарын шалып байлайтын жіп не қыл шылбыр әдісі және сол әдіспен байланған жіп.* **3.** э т н . *Жылқы байланатын керме, діңгек, ағаштарға керілген арқан.* **4.** а у ы с . *Шама-шарық, мүмкіндік; білім дәрежесі, өріс.*

**Өреге түсті.** *Орға түсті, қапы қалды.* **Өре салды.** *Аттың аяғын өреледі.* **Өресі аласа.** *Білері аз, түсінігі тайыз, өресі төмен.* **Өресі бекіді.** *Ой-өрісі, ақылы толысты.* **Өресі биік.** *Білгені, тоқығаны көп, ақыл-парасаты жоғары.* **Өресі жетпеді [жете алмады, жете алған жоқ].** *Ой-өрісі, білім деңгейі жетіспеді.* **Өресі жетті.** *Шамасы жетті, деңгейі жетті.* **Өресі тар.** *Ой -өрісі тар, пасық.*

**ӨРЕ[2]** з а т . *Еркек малдың жыныстық мүшесі.*

**ӨРЕ[3]** ү с т . *Жапа-тармағай, дүрліге.*

**Өре түрегелді.** *Бірі қалмай, бәрі орындарынан тұрды.* **Өре тұрды.** *Орындарынан бәрі бірдей ұшып тұрды.*

**ӨРЕГЕН** с ы н . *Өргіш, жайылғыш.*

**ӨРЕГЕН** с ы н . *Жүрдек, шапшаң.*

**ӨРЕК: өрек болды.** *Өрекпіді, көңілі алыпұшты.*

**ӨРЕКИІЗ** з а т . э т н . *Үлкен киіз, үш құлаш шамасындағы ұзын киіз.*

**ӨРЕКЛЕ =** е т. е с к і к і т. *Тоқтау, тынышталу.*

**ӨРЕКЛЕУ** *Өрекле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕКПЕ** с ы н . *Алаңғасар, елірген.*

**ӨРЕКПУ** *Өрекпі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕКПУЛІ** с ы н . *Әлденеден қобалжулы, үрейлі.*

**ӨРЕКПУШІЛІК** з а т . *Әлденеден қобалжушылық, үрейленушілік.*

**ӨРЕКПІ=** е т. **1.** *Еліру, екілену.* **2.** *Даурығу, аласұру.* **3.** *Қасарысу, сазару.*

**ӨРЕКПІТ=** е т. *Екілендірілу, елірту.*

**ӨРЕКПІТУ** *Өрекпіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕКСУ** *Өрексі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕКСІ=** е т. *Өрекпу, алабұрту.*

**ӨРЕКСІТ=** е т. *Өрекпіту, елірту.*

**ӨРЕКСІТУ** *Өрексіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕКТІКЕН** з а т . ө с . *Түйе малы сүйсініп жейтін өсімдік.*

**ӨРЕКШІ=** е т. *Өрекпу, екілену.*

**ӨРЕКШУ** *Өрекші етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕЛ[1]** з а т . ж е р г . *Үлгі, өнеге.*

**ӨРЕЛ[2]** з а т . с ө й л . ***Рөл.***

**ӨРЕЛ[3]: өрел айту.** е с к і к і т. *Көңіл айту.*

**ӨРЕЛДІК** з а т . с ө й л . ***Өрелік.***

**ӨРЕЛЕ=** е т. **1.** *Аттың алдыңғы аяғы мен артқы аяғын шалып байлау, өре салу, тұсау.* **2.** а у ы с . *Шырмау, тұтқындау.*

**ӨРЕЛЕН=** е т. **1.** *Өршелену, өрекпу.* **2.** *Шырматылу, айқасу.* **3.** *Құрылу, негізделу.*

**ӨРЕЛЕНУ** *Өрелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕЛЕС** с ы н . *Қатарлас, теңдес, шамалас.*

**ӨРЕЛЕУ** *Өреле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕЛЕУЛІ** с ы н . *Өре жіппен бекітулі.*

**ӨРЕЛСАП** з а т . к ә с . *Қайықтың басқару тетігінің ұстайтын жері, сабы.*

**ӨРЕЛІ** с ы н . **1.** *Кең көлемді, ауқымды, келелі.* **2.** а у ы с . *Өресі биік, жоғары деңгейлі.*

**Өрелі жігіт.** *Көкірегі ояу, көзі ашық, оқыған-тоқығаны мол, көргені көп, алды-артын абайлай білетін, адал, әділ жігіт.* **Өрелі ой [пікір, сөз].** *Көп жайды топшылап, көп жайды аңғара түйіп барып айтылған сөз.* **Өрелі таңды көзімен атқызды.** *Ұйықтамады, демалмады.*

**ӨРЕЛІК** з а т . *Тыйым, шек.*

**ӨРЕЛІЛЕУ** с ы н . *Кеңдеу, тереңдеу.*

**ӨРЕЛІЛІК** з а т . *Кеңдік, ауқымдылық, өрістілік.*

**ӨРЕМ: өрем қапты.** *Сеспей қатты, мүрдем кетті.*

**ӨРЕН[1]** з а т . *Жасөспірім, жеткіншек.*

**Өрен жас.** *Жасөспірім, жеткіншек.*

**ӨРЕН[2]** с ы н . *Алдыңғы қатарлы, озат, үздік.*

**ӨРЕН[3]** с ы н с ө й л . ***Ерен*** *(үлкен, алып, асқан).*

**Өрен ер.** *Асқан ержүрек, батыр.* **Өрен жүйрік [тұлпар].** *Асқан жүйрік.*

**ӨРЕН-ЖАРАН** з а т . *Туған-туыс, тұқым-түқиян.*

**ӨРЕНШЕ** ү с т . ж е р г . с ө й л . ***Ерекше.***

**ӨРЕҢ** с ы н . *Биік, өр, жоғары, өрлеуіт.*

**ӨРЕ-ӨРЕ** ү с т . *Бірі қалмай, түгел.*

**ӨРЕПЕЛЕ=** е т. *Желігу, желпіну.*

**ӨРЕПЕЛЕУ** *Өрепеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕПКІ=** е т. с ө й л . **1.** ***Өрекпі.*** **2.** *Еліру, даурығу.*

**ӨРЕСКЕЛ** с ы н . *Ерсі, сөлекет, оғаш.*

**Өрескел қателер.** а) *Тұрпайы қате.* ә) к і т. *Өлшеуші адамның есептен жаңылуынан, өлшеуші аспаптың көрсеткен цифрын шала оқуынан болатын салдары үлкен зиянға соқтыратын қателер.* **Өрескел іс [мінез].** *Жөнге, жораға сыймас ерсілік; жанға батар, жан қинар, жұрт түршігер жай, қылық.*

**ӨРЕСКЕЛДЕУ** с ы н . *Сөлекеттеу, ерсілеу.*

**ӨРЕСКЕЛДІК** з а т . *Оғаштық, тұрпайылық, сөлекеттік.*

**ӨРЕСКІ** с ы н . *Ерсі, өрескел.*

**ӨРЕСКІЛ** с ы н . с ө й л . ***Өрескел.***

**ӨРЕСІЗ** с ы н . *Өресі тар, білімсіз.*

**ӨРЕСІЗДІК** з а т . *Өресі жоқтық, ауқымы тарлық; білімсіздік.*

**ӨРЕТ** з а т . к ә с . *Аудың ұзын арқаны.*

**ӨРЕШЕ** з а т . э т н . *Босаға жақта шимен қорша- лынып, ас-су, қазан-аяқ тұратын бұрыш.*

**ӨРЕШЕЛЕ=** е т. *Өреше құру, өрешемен қоршау.*

**ӨРЕШЕЛЕУ** *Өрешеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЕ-ШӨРЕ: өре-шөремен жүрді.** *Анау-мынауға алданып, абыр-сабыр болды.*

**ӨРЕШІЛ** с ы н . с ө й л . ***Өршіл.***

**ӨРЖҮРЕК** с ы н . *Батыл, өжет.*

**ӨРКЕН[1]** з а т . м а л ш а р . *Уыз емген құлыншақтың, ботаның ішінен түсетін бірінші тоңғағы.*

**Өркен тастады.** *Алғашқы тоңғағын сыртқа шығарды.* **Өркені қату.** *Уыз емген төлдің тоңғағы түспей қаталауы.* **Өркені түсті.** *Бірінші тоңғағын сыртқа шығарды.*

**ӨРКЕН[2]** з а т . б о т а н . *Өсімдік сабағындағы бүршіктер түбінен пайда болатын желі.*

**Өркен жайды.** а) *Көгерді, бұтақ жайды.* ә) *Өсті, дамыды, қанат жайды, жетілді.* **Өркенің өссін [өскір].** а л ғ ы с. *Басқа бас қосылсын, үрімбұтақты бол!*

**ӨРКЕНДЕ[1]=** е т. **1.** *Өсімдіктердің желі тартуы, көктеу.* **2.** а у ы с . *Жан-жақты өсу, даму, көркею.*

**ӨРКЕНДЕ[2]=** е т. *Бота тоңғағының шұбатылып шығуы.*

**ӨРКЕНДЕТ=** е т. *Дамыту, көркейту, ілгері басқызу.*

**ӨРКЕНДЕТУ** *Өркендет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕНДЕТУШІ** з а т . *Дамытушы, өсіруші, көркейтуші.*

**ӨРКЕНДЕТІЛ=** е т. *Дамытылу, көркейтілу, өсірілу.*

**ӨРКЕНДЕТІЛУ** *Өркендетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕНДЕУ[1]** *Өркенде етістігінің қимыл атауы; жан-жақты өсу, даму, көркею.*

**ӨРКЕНДЕУ[2]** *Өркенде етістігінің қимыл атауы; тоңғақтың шұбатылып шығуы.*

**ӨРКЕНДЕУЛІ** с ы н . *Өсіп-өнген, көркейген.*

**ӨРКЕНДЕУШІ** с ы н . *Дамушы, өсуші.*

**ӨРКЕНДІ** с ы н . *Өркені өскен, табысқа жеткен, көркейген.*

**ӨРКЕНИЕТ** з а т . <лат. civileis> **1.** *Жабайылықтың орнын басқан, адамзат дамуының жоғарырақ тарихи кезеңі.* **2.** *Белгілі бір қоғамдық-саяси формацияның, қоғами, мәдени дамуы жағынан көтерілген сатысы.* **3.** *Ішкі және сыртқы ықпалдарға қарамай, белгілі бір көлемді уақыт мөлшерінде өзіндік ерекшеліктерін, тұтастығын сақтаған елдердің, адамдардың тұрақты мәдени-географиялық құрылымы, әлеуметтік қауымдастығы.* **4.** *Бүкіл жер шарын қамтыған материалдық, рухани және құрылымдық атрибуттары ерекшеленетін қалалық типтегі мәдениет.*

**Өркениет аурулары.** м е д . *Ғылыми-техникалық революцияның жанама әсерлері салдарынан пайда болған гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, диабет, бронх демікпесі, заттек алмасу аурулары, асқазан мен ұлтабардың ұылма ауруы, невроздар, психикалық кінәраттар т.б. ауру түрлері.*

**ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ** с ы н . *Өркениеттер аралығынан орын алған.*

**ӨРКЕНИЕТТЕН=** е т. *Өркениетті елге айналу.*

**ӨРКЕНИЕТТЕНУ** *Өркениеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕНИЕТТІ** с ы н . *Өркениеті бар, қоғамдық, мәдени дамуы жағынан көтерілген, жетілген.*

**Өркениетті мемлекет.** *Қоғамдық-экономикалық, мәдени-рухани даму жағынан жоғары деңгейге көтерілген мемлекет.*

**ӨРКЕНИЕТТІК** с ы н . с ө й л . ***Өркениеттілік.***

**ӨРКЕНИЕТТІЛІК** з а т . *Қоғамдық, мәдени дамуы тұрғысынан көтерілгендік, жетілгендік.*

**ӨРКЕНСІЗ** сын. *Өркені шықпаған, өспеген, желісіз.*

**ӨРКЕУДЕ** сын. **1.** жағымсыз. *Менмен, өзімшіл.* **2.** жағымды. *Тәкаппар, намысы зор.*

**ӨРКЕУДЕЛІ** сын. сөйл. *Өркеуде, намысты.*

**ӨРКЕУДЕЛІК** зат. *Тәкаппарлық, намыстылық.*

**ӨРКЕШ** зат. **1.** малшар. *Түйенің жотасына бір не екі айыр болып жиналып, тік шаншылған жота майы.* **2.** ауыс. *Биік тау, жота.*

**ӨРКЕШ-ӨРКЕШ** сын. *Шоқы-шоқы, дөңес-дөңес, биік-биік.*

**ӨРКЕШСІЗ** сын. *Өркеш бітпеген, өркеші жоқ.*

**ӨРКЕШТЕЙ** сын. *Өркеш тәрізді, өркеш сияқты.*

**ӨРКЕШТЕЛ=** ет. *Өркеш-өркеш, жал-жал болу.*

**ӨРКЕШТЕЛУ** *Өркештел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕШТЕН=** ет. **1.** *Түйенің күтім-бағымнан семіріп, қомданып, өркеш майын толықтыруы.* **2.** ауыс. *Көңілі өсу, тасу, мерейі үстем болу.* **3.** ауыс. *Тармақ-тармақ болу, тарамдану.*

**ӨРКЕШТЕНДІР=** ет. **1.** *Өркеш-өркеш, жал-жал еттіру.* **2.** ауыс. *Шашты жоғары көтеріп, томпайтып түю.* **3.** ауыс. *Үстем еттіру, тасыттыру.*

**ӨРКЕШТЕНДІРУ** *Өркештендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕШТЕНУ** *Өркештен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКЕШТІ** сын. **1.** *Өркеш біткен, өркеші бар; семіз.* **2.** ауыс. *Шоқы-шоқы, өркеш-өркеш.*

**ӨРКЕШТІК** зат. этн. *Жүк қажап, салмақ түспес үшін түйе өркештеріне кигізетін әбзел.*

**ӨРКӨКІРЕК** сын. *Тәкаппар, менмен, өркеуде.*

**ӨРКӨКІРЕКТЕН=** ет. *Тәкаппарлыққа салыну, менменсу.*

**ӨРКӨКІРЕКТЕНУ** *Өркөкіректен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРКӨКІРЕКТЕУ** сын. *Тәкаппарлау, менмендеу, өзімшілдеу.*

**ӨРКӨКІРЕКТІК** сын. *Өзімшілдікке салынушылық, тәкаппарлық көрсетушілік.*

**ӨРЛЕ=** ет. **1.** *Жоғарылап жүру, өрге көтерілу.* **2.** *Өзенді, сайды жағалап бойлай жүру, жағалау.* **3.** *Көкке көтерілу, аспандау, әуелеу.* **4.** ауыс. *Ілгері басу, даму, өсу, өркендеу.*

**ӨРЛЕМ** зат. жерг. *Ағынды судың жоғарғы жағы.*

**ӨРЛЕН=** ет. *Өрміндездену, өршу.*

**ӨРЛЕНУ** *Өрлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЛЕҢКІРЕ=** ет. **1.** *Өрлей түсіңкіреу, жоғарылау.* **2.** ауыс. *Өсу, ілгері баса беру.*

**ӨРЛЕҢКІРЕУ** *Өрлеңкіре етістігінің қи- мыл атауы.*

**ӨРЛЕС=** ет. *Суды жағалап бірге жүру.*

**ӨРЛЕСУ** *Өрлес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЛЕТ=** ет. **1.** *Өзен, судың жиегін, шетін бойлай жүргізу, жағалату.* **2.** ауыс. *Іл- гері басқызу, дамыту, өркендету.*

**ӨРЛЕТУ** *Өрлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРЛЕУ** *Өрле етістігінің қимыл атауы.*

**Өрлеу шыңы.** экон. *Экономикалық өсудің ең жоғары қарқынымен сипатталатын өндіріс өрлеуінің жоғарғы шегі.*

**ӨРЛЕУІК** сын. *Өрге қарай шығатын, өрлеп жүретін.*

**ӨРЛЕУІТ** зат. *Шамалы өрлеу жер.*

**ӨРЛЕШ** зат. *Өр, өрлеуіт.*

**ӨРЛІ** сын. *Өр боп келген, көтеріңкі.*

**ӨРЛІК**[1] зат. *Өрміндезділік, өжеттілік, бір беттілік.*

**ӨРЛІК**[2] зат. жерг. *Үйдің төбесіне жабу үшін салынатын арқалық, бел ағаш.*

**ӨРМЕ** сын. этн. *Өріп жасалған, өрілген.*

**Өрме қамшы.** этн. *Сабымен алақанын қайыстан өрген қамшы.* **Өрме жүген.** этн. қолөнер. *Қайыс таспаларынан өріп жасалған жүген.* **Өрме шідер.** этн. *Оқпаны бас бармақтан кем емес, толығымен қайыстан жұмырланып өрілетін шідердің түрі.*

**ӨРМЕК** зат. этн. қолөнер. *Алаша, басқұр, бау және шекпен тоқу үшін екі басы қазыққа керіліп, желісі жерге қатар тартылған, ширілген жіп керілген тоқыма құралы.*

**Өрмек ағаш.** *Өрмек тоқу станогының барлық әбзелдері.* **Өрмек жүгіртті.** *Алаша, басқұр т.б. тоқу үшін жіп жүгіртті, керді.* **Өрмек жібіндей.** этн. *Өрмек жібі тәрізді, шұбатылған, түйіншектелген.* **Өрмек жіп.** этн. *Істелетін бұйымдарға жасалатын жолақтарға, өрнектерге қарай өрмекке арналып ширілген түрлі-түсті жіптер.* **Өрмек құрды.** *Өрмек жіптерін тоқуға даярлап станокке орналастырды.* **Өрмек қылыш.** этн. *Ерсі жіп пен қарсы жіптің арасындағы арқауды бекітетін, нықтайтын қылыш пішіндес ағаш.* **Өрмек мосы.** этн. *Үш аяқты көтерме мосы, арқалық.* **Өрмектің жүзі ауғанда.** *Жарым-жартысынан асқанда.*

**ӨРМЕКСІЗ** сын. *Өрмегі жоқ, өрмек құрылмаған.*

**ӨРМЕКТЕ=** ет. *Өрмек салу, өрмек тоқу.*

**ӨРМЕКТЕЙ** сын. *Өрмек сияқты, өрмек тәрізді.*

**ӨРМЕКТЕУ** *Өрмекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРМЕКШЕ** сын. *Өрмек тәрізді, өрмекке ұқсап.*

**ӨРМЕКШІ**[1] зат. **1.** *Тор құрып, шыбын-шіркейді аулап қоректенетін жәндік.* **2.** зоол. <лат. aranei> *Құрлықта тіршілік етіп, өкпемен және трахеямен тыныс алатын, бас-көкірек бөлімінде алты жұп аяқтары орналасқан буынаяқты жыртқыш жәндік.*

**Өрмекші кене.** зоол. <лат. tetranychidae> *Көптеген шөптесін өсімдіктерді және ағаш өсімдіктерін зақымдайтын денесі түкті, ұзындығы 0,3–0,5 мм, түсі сарғылт-жасыл, қоңыр, аузы соруға бейім, өрмекшітәріздiлер класының бір тұқымдасына жататын кене.*

**ӨРМЕКШІ**[2] зат. *Өрмек тоқушы адам.*

**ӨРМЕКШІДЕЙ** сын. *Өрмекші тәрізді, өрмекші сияқты.*

**ӨРМЕКШІТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. aarachnoidea> *Төменгі сатыдағы омыртқасыздардың бір класы.*

**ӨРМЕКШІШЕ** үст. *Өрмекші тәрізді, өрмекшіге ұқсап.*

**ӨРМЕЛЕ=** ет. **1.** *Тік тұрған биік нәрсенің басына тырмысып, жабысып шығу.* **2.** *Жорғалау, тырбану.* **3.** *Таудың басына шығу, өрге, төбеге, жотаға өрлеу, көтерілу.* **4.** ауыс. *Ілгері басу, ұмтылу.*

**ӨРМЕЛЕГІШ** сын. *Бір затқа жабысып жоғары көтерілгіш, жармасқыш.*

**ӨРМЕЛЕК** зат. зоол. *Негізінен Үндістан, Цейлон, Оңтүстік Қытайда, Малакка түбегі суларында тіршілік ететін аквариум балығы.*

**ӨРМЕЛЕС=** ет. *Биікке аяңдап, бірге көтерілу.*

**ӨРМЕЛЕСУ** *Өрмелес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРМЕЛЕТ=** ет. *Тау, жота, төбе сияқты биік жерге шыққызу, көтерілгізу, жоғарылату.*

**ӨРМЕЛЕТУ** *Өрмелет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРМЕЛЕУ** *Өрмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРМЕЛІ** сын. *Өріліп жасалған, өрілген.*

**Өрмелі қабық.** анат. <лат. arachnoidea spinalis, грек. arachnoidea – өрмекші тәрізді, лат. spina – жота> *Екі беті эндотелиймен қапталған, жұлынның ортаңғы жұқа нәзік қабығы.*

**ӨРМЕСІЗ** сын. *Өрілмеген, өрмесі жоқ.*

**ӨРМЕТӨС** зат. этн. *Көп уақыттан бері күйеу болып келе жатқан адамға тартылатын тоқ ішекке салынып өрілген төс ет; кәделі сыбаға.*

**ӨРМЕШІ** зат. *Таспалап өретін адам, өрімші.*

**ӨРМІНЕЗ** сын. *Өжет, өткір, қайсар.*

**ӨРМІНЕЗДІ** сын. сөйл. ***Өрмінез.***

**ӨРНЕК** зат. **1.** <лат. ornomentum> *Әртүрлі үлгімен істелген оюлы бедер, көркемдік түр, әшекей.* **2.** ауыс. *Нақыш, әшекей, сән.* **3.** ауыс. *Үлгі, өнеге, тәлім.*

**Өрнек жайылды.** *Үлгі сөз тарады, жақсы үлгі-дәстүр тарады.* **Өрнек салды.** *Көркем тілмен нақыштап, әшекейледі, бедерлеп безеді.* **Өрнек тігіс.** қолөнер. *Көркем тігіс түрлерінің бейнеге өрнек беретін түрі; алақұрт, сағат бау, шытыра, су тарту, ирек түсіру, кереге көз сияқты күрделі өрнек түрін салатындығына байланысты атау.*

**ӨРНЕКСІЗ** сын. **1.** *Өрнегі жоқ, әшекейсіз, оюсыз.* **2.** ауыс. *Көркемдігі жоқ, нақышсыз, мәнсіз.*

**Өрнексіз тігіп баттады.** бейн. *Тіл нақышын, әшекейін келтірмей өлең құрады.*

**ӨРНЕКТЕ=** ет. **1.** *Өрнек салу, бедерлеу.* **2.** ауыс. *Қиыстырып мәнерлеу, сәндеу.*

**ӨРНЕКТЕЛ=** ет. *Өрнек салыну, әшекейлену, бедерлену.*

**ӨРНЕКТЕЛУ** *Өрнектел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРНЕКТЕН=** ет. *Өрнектелу.*

**ӨРНЕКТЕНУ** *Өрнектен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРНЕКТЕС**[1] сын. *Өрнегі бір, ұқсас.*

**ӨРНЕКТЕС**[2]**=** ет. *Бірге өрнек салу, әшекейлесу.*

**ӨРНЕКТЕСУ** *Өрнектес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРНЕКТЕТ=** ет. *Өрнек салғызу, әшекейлету.*

**ӨРНЕКТЕТКІЗ=** ет. *Әшекейлеткізу, бедерлеткізу.*

**ӨРНЕКТЕТКІЗУ** *Өрнектеткіз етістігі- нің қимыл атауы.*

**ӨРНЕКТЕТУ** *Өрнектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРНЕКТЕУ** *Өрнекте етістігінің қимыл атауы; өрнек салу, бедерлеу.*

**ӨРНЕКТЕУШІ** зат. **1.** *Өрнек салушы, өрнек- теуші.* **2.** ауыс. *Көркемдеуші, мәнерлеуші.*

**ӨРНЕКТЕУІШ**[1] зат. *Өрнек салушы, өрнектейтін адам.*

**ӨРНЕКТЕУІШ**[2] сын. *Өрнектелетін, өрнек жасайтын.*

**ӨРНЕКТІ** сын. **1.** *Өрнегі бар, әшекейлі, өрнектелген.* **2.** ауыс. *Көркем, мәнерлі.*

**Өрнекті жұмыстар.** *Қима үлгілерін өлшейтін және кесетін аспаптардың өлшемін және кескінін жетілдіретін өте дәл слесарьлық жұмыстар.*

**ӨРНЕКТІК** сын. *Өрнекке тән, өрнекке қатысты.*

**ӨРНЕКТІЛІК** зат. *Өрнегі әртүрлілік, әрқилылық.*

**ӨРНЕКШӨП** зат. өс. <лат. ajania> *Аяния.*

**ӨРНЕКШІ** зат. **1.** *Қолөнер ісінің шебері, өрнек салушы, оюшы.* **2.** ауыс. *Сөз шебері.*

**ӨР-ОЙ** зат. **1.** *Өр және ой жерлер.* **2.** ауыс. *Кедергі, тосқауыл.*

**Өрді-ойды білмейді.** *Кедергі тосқауылды елемеді.*

**ӨРСІЗ** сын. *Өрі жоқ, өр емес.*

**ӨРСІН=** ет. *Тәкаппарсып менменсіну, өркөкіректену.*

**ӨРСІНУ** *Өрсін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТ** зат. **1.** *Тиген жерінің бәрін өртейтін, құртатын қаулай жанған от.* **2.** ауыс. *Кенеттен болған қауіп-қатер, соғыс.*

**Өрт баспалдағы.** *Өртті-техникалық қарулар мен өрт сөндірушілерді ғимарат шатырына көтеруге арналған баспалдақ.* **Өрт болып жанды.** а) *Күйіп-жанды, қызғындады.* ә) *Күшті сезімге, ғашықтық сезіміне бөленеді.* б) *Қатты күйінді.* **Өрт гидранты.** сушар. *Өрт сөндіруге арналған көшелік су құбырының желісіне орнатылған су бөлетін мұнара.* **Өрт кешті.** поэт. *Майданда болды, қантөгіс ұрысты көрді.* **Өрт қойды.** *От жақты, өртеді.* **Өрт салды.** *От жағып, өрт қойды.* **Өрт сөндіргендей**. *Бет-әлпеті тұтіккен, қап-қара болып түнерген.* **Өрт сөндіретін мәшине.** *Өрт сөндіретін құрылғылар орналастырылған автокөлік.* **Өрт сөндіру жүйесі.** *Сорғы стансасындағы өртті дер кезінде байқау және оны сумен немесе басқа да әдістермен (газ, көбік, құм, киіз және т.б.) сөндіруге арналған құрылғылар кешені.* **Өртті қоршау**. кен. *Кеніштегі барлық күш пен құралдарды өрттің жайылу мүмкіндігі бар барлық жолдарға алдын ала тиімді орналастырып, оның аясын тарылтып, толығымен жойылғанша сөндіру тәсілі.* **Өрт шалды [алды].** *Өртенді, отқа оранды.*

**ӨРТЕ=** ет. **1.** *От қойып, жағып жіберу, күйдіру, жандыру.* **2.** *Атылған оқ-дәрінің әсерінен, қопарылуынан күл болып жану.* **3.** ауыс. *Дуылдату, тызылдату, ашыту.* **4.** ауыс. *Жалындау, от боп жану.* **5.** ауыс. *Уайымға салу, қайғыға батыру.*

**ӨРТЕГІШ** сын. *Өртеп жіберетін, күйдіргіш, жандырғыш.*

**Өртегіш авиациялық бомба.** әск. *Өрт ошағын өршітіп адам күші мен әскери техниканы тікелей өрт арқылы құртатын, калибрі 0,5–500 кг болатын бомба түрі.* **Өртегіш заттар.** әск. *Жану кезінде көп жылу беріп, жоғары температураға дейін қызатын арнайы құрамдар (қоспалар).* **Өртегіш қару.** әск. *Қарсыластың тірі күші мен әскери техникасын жоюға, өрт шығаруға арналған ұрыс құралы.* **Өртегіш шөлмек.** әск. *Ішіне жандырғыш зат құйылған шөлмек, танкіні, ұшақты, мәшинені тез өртеуге арналған қару.*

**ӨРТЕКЕ** зат. сөйл. ***Ортеке.***

**ӨРТЕЛ=** ет. *Өрт қойылу, жағылу, жандырылу.*

**ӨРТЕЛУ** *Өртел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕН=** ет. **1.** *Өрт болып жану.* **2.** ауыс. *Күйіп-пысу, күйіну, қатты ұялу.* **3.** ауыс. *Сезім күшею, жалындау, лаулау.*

**ӨРТЕНДІ** зат. хим. *Металл сульфидтерін күйдіргеннен кейінгі пеште қалатын ылғалы 8–10% болатын сульфатты қара сілтіше өнім.*

**ӨРТЕНДІР=** ет. *Күйдіру, қыздыру.*

**ӨРТЕНДІРУ** *Өртендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕНУ** *Өртен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕҢ** зат. **1.** *Ескі шөбі өртеліп, орнына көк шөп шыққан жер.* **2.** *Орманның өртке шалдыққан бөлігі.*

**ӨРТЕҢГІР=** ет. қарғ. *Құрғыр, жанғыр, жанып кеткір!*

**ӨРТЕҢДЕЙ** сын. *Өртең тәрізді, өртең сияқты.*

**ӨРТЕҢҚАРАҒАЙ** зат. жерг. *Жай түсіп, өрт шалған қарағай.*

**ӨРТЕС=** ет. *Бірге өртеу, от жағысу.*

**ӨРТЕСУ** *Өртес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕТ=** ет. *От қойдырту, жақтырту.*

**ӨРТЕТКІЗ=** ет. *Жаққызу, от қойғызу.*

**ӨРТЕТКІЗУ** *Өртеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕТУ** *Өртет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕУ** *Өрте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРТЕУШІ** зат. *Өрт қоюшы, жандырушы, күйдіруші.*

**ӨРТМІНЕЗДІ** сын. *Өткір, өжет.*

**ӨРТСӨНДІРГІШ** зат. *Жаңадан өрши бастаған өртті арнайы от сөндіргіш көбік, газ және ұнтақты заттар шашу арқылы сөндіруге арналған құрал.*

**ӨРТСӨНДІРУШІ** зат. *Өрт сөндіру қызметін атқарушы.*

**ӨРТСІЗ** сын. *Өртенбеген, жанбаған.*

**ӨРТТЕЙ** сын. **1.** *Өрт сияқты, өрт тәрізді.* **2.** ауыс. *Нарттай, қып-қызыл.* **3.** ауыс. *Қызу, жалынды.*

**Өрттей жанды**. *Ұялды, қызарды.* **Өрттей қаптады**. *Жан-жақтан анталады, қаптады, қоршады.* **Өрттей қаулады.** а) *Жаппай жайылды, тез таралды.* ә) *Әбден өршіді, күшейді.* б) *Жан-жақтан, бет қаратпай қаптады.*

**ӨРТТІ** сын. **1.** *Айналаны шарпып қаулап жанған, отты.* **2.** ауыс. *Уайымды, қайғылы, мұңды.*

**ӨРТХАБАРЛАҒЫШ** зат. *Өрт және оның орнын хабарлайтын техникалық құралдардың жиынтығы.*

**ӨРТШЕ** үст. *Өрт тәрізді, өртке ұқсас.*

**ӨРТШІ** зат. *Өрт сөндіретін адам.*

**ӨРТШІЛ** сын. *Өрт қойғыш, соғысқұмар.*

**ӨРУ**[1] *Өр*[1] *етістігінің қимыл атауы; малдың жайылымға шығуы.*

**ӨРУ**[2] *Өр*[2] *етістігінің қимыл атауы; қайыс, шаш, жіп сияқты нәрселерді тарамдап, айқастыра біріктіру, қосу.*

**ӨРУ**[3] *Өр*[3] *етістігінің қимыл атауы; кірпіш қалау.*

**ӨРУЛІ** сын. *Өріп қойған, өрілген.*

**ӨРШЕЛЕ=** ет. *Ентелеу, екпіндеу.*

**ӨРШЕЛЕН=** ет. **1.** *Ерегісу, қасарысу; екілену.* **2.** *Шабалана ұру.* **3.** *Екпіндету, ентелеу, ұдей түсу.*

**ӨРШЕЛЕНДІР=** ет. **1.** *Ерегістіру, қасарыстыру, өшіктіру.* **2.** *Екілендіру, елірту.*

**ӨРШЕЛЕНДІРУ** *Өршелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШЕЛЕНТ=** ет. *Екпіндету, ұдету.*

**ӨРШЕЛЕНТУ** *Өршелент етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШЕЛЕНУ** *Өршелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШУ** *Өрші етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІ=** ет. **1.** *Қалыпты жағдайдан қарқыны арту, ұдей түсу, күшею.* **2.** *Өріс алып, жан-жаққа жайылу, қаулай түсу.* **3.** хим. *Химиялық реакция жылдамдығының өзгеруі.* **4.** ауыс. *Алға басу, шарықтау.* **5.** ауыс. *Асқыну, ушығу.*

**ӨРШІГУ** *Өршік етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІК=** ет. *Бой бермеу, өршелену, өршу.*

**ӨРШІКТІР=** ет. *Өршелендіру, өршіту.*

**ӨРШІКТІРУ** *Өршіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІЛ** сын. *Қайсар, қайтпас.*

**ӨРШІЛДЕН=** ет. *Қайсарлану, қасарысу.*

**ӨРШІЛДЕНУ** *Өршілден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІЛДЕУ** сын. *Өркөкіректеу, қайсарлау.*

**ӨРШІЛДІК** зат. *Қайсарлық, бір беттік, табандылық.*

**ӨРШІЛЕН=** ет. сөйл. ***Өршелен.***

**ӨРШІМЕЛІ** сын. *Қатты өрши түсетін.*

**Өршімелі индекстеу.** инф. <ағыл. bottom–up indexing> *Құжатты бастапқы іздестіру амалын бастапқы индекстерді бағындыратын индекстермен толықтырулардан тұратын басы артық индекстеу түрі.* **Өршімелі инфляция.** экон. *Жоғары қарқынмен ұдей түсетін инфляция.*

**ӨРШІМЕЛІК** сын. *Асқынбалық, асқынушылық.*

**ӨРШІН=** ет. *Өршу, ұлғаю, асқыну.*

**ӨРШІНУ** *Өршін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІТ=** ет. **1.** *Үдету, күшейту.* **2.** ауыс. *Асқындыру, ушықтыру, шиеленістіру.*

**Өршітіп алды.** *Күшейтті, асқындырып жіберді.*

**ӨРШІТКІ** зат. хим. *Химиялық реакцияның жылдамдығын арттыратын агент, катализатор.*

**ӨРШІТКІЛІК** сын. *Өршіткіге қатысты, өршіткіге тән.*

**Өршіткілік тотығу.** хим. *Өршіткі қатысында жүретін тотығу.*

**ӨРШІТТІР=** ет. *Асқындырту, ушықтырту.*

**ӨРШІТТІРУ** *Өршіттір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРШІТУ** *Өршіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үдету, күшейту.* **2.** ауыс. *Асқындыру, шиеленістіру.*

**ӨРШІТУШІ** зат. *Күшейтуші, өршіте түсуші.*

**ӨРШІТІЛ=** ет. *Ушықтырылу, шиеленістірілу.*

**ӨРШІТІЛУ** *Өршітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІК** зат. өс. <лат. armeniasa> **1.** *Түсі сары, кішілеу домалақ жеміс беретін ағаш.* **2.** *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 5–20 м жеміс ағаштарының туысы.* **3.** *Осы ағаштың сары түсті домалақ жемісі.*

**Өрік тосабы**. тамақ. *Өрік жемісінен қайнатылатын дәмі ерекше, түсі сарғыш келетін тосап.*

**ӨРІК-МЕЙІЗ** зат. *Кептірілген өрік, сарыөрік және жүзімнің жалпы атауы.*

**ӨРІКПУ** *Өрікпі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІКПІ=** ет. сөйл. ***Өрекпі.***

**ӨРІКТЕЙ** сын. *Өрік сияқты, өрік тәрізді.*

**ӨРІЛ**[1]**=** ет. *Қайыс, шаш, жіп сияқты нәрселердің тарамдап, айқастырыла біріктірілуі.*

**ӨРІЛ²=** е т. **2.** *Қалану, текшелену.* **3.** а у ы с. *Өрбу, туындау.*

**ӨРІЛ³=** е т. *Малдың жайылуы.*

**ӨРІЛТ=** е т. *Тарамдап, айқастыра біріктірту.*

**ӨРІЛТУ** *Өрілт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІЛУ¹** *Өріл¹ етістігінің қимыл атауы; малдың жайылуы*

**ӨРІЛУ²** *Өріл² етістігінің қимыл атауы; шаштың тарамдалып, айқастырыла біріктірілуі.*

**ӨРІЛУ³** *Өріл³ етістігінің қимыл атауы; кірпіштің қалануы.*

**ӨРІМ¹** з а т. *Жасөспірім, жеткіншек.*

**ӨРІМ²** з а т. **1.** *Тарам-тарам қылып өрілген таспа.* **2.** *Жұмырлап өрілген шаш, бұрым.*

**ӨРІМДЕ=** е т. **1.** *Тарамдап өру.* **2.** а у ы с. *Өрбіту, дамыту.*

**ӨРІМДЕЙ** с ы н. *Жап-жас, уыздай, балғын.* **Өрімдей жас.** *Жаңа жетіліп келе жатқан, өте жас, желкілдеген құрақтай.*

**ӨРІМДЕЛ=** е т. *Өрім-өрім болу.*

**ӨРІМДЕЛУ** *Өрімдел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІМДЕН=** е т. *Өрімделу, өрілу.*

**ӨРІМДЕНУ** *Өрімден етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІМДЕУ** *Өрімде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІМДІ** с ы н. *Өрімі бар, өрілген.*

**ӨРІМ-ӨРІМ** с ы н. *Жұлма-жұлма, дал-дұл, пәре-пәре.*

**ӨРІМТАЛ** с ы н. с ө й л. *Өрімдей, жап-жас.*

**ӨРІМТАЛДАЙ** с ы н. с ө й л. *Жап-жас, балғын, өрімдей.*

**ӨРІМШЕ** ү с т. *Өрім тәрізді, өрімге ұқсап.*

**ӨРІМШІ** з а т. *Өрудің маманы, өре білетін адам.*

**ӨРІМШІЛІК** з а т. *Өру ісімен шұғылданушылық, өру кәсібі.*

**ӨРІС¹** з а т. **1.** *Ауыл маңынан шалғайлау, оты мол, мал жайылымдық жер.* **2.** ф и з. *Еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе; материяның негізгі түрі.* **3.** л и н г в. *Мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің жиынтығы.* **4.** а у ы с. *Кеңістік, ая, шеңбер.* **5.** а у ы с. *Адамның білім дәрежесі, дүниетанымы.* **6.** а у ы с. *Үрім-бұтақ, жегжат.*

**Өріс алды**. *Кеңейді, ілгері басты, құлаш жайды.* **Өріс аударды.** *Жайылым өзгертті.* **Өріс бермеді.** *Мүмкіндік бермеді, қақпайлады, тартпақтады.* **Өріске мал толсын.** т і л е к. *Мал көбейсін, дәулет кетпесін деген мағынадағы тілек.* **Өріске мал, қоймаңа алтын толсын!** т і л е к. *Бақ-дәулет қонсын, бай бол!* **Өрістердің кванттық теориясы.** ф и з. *Еркіндік дәрежесінің саны шексіз көп болатын жүйелерді (физикалық өрістерді) зерттейтін кванттық теория.* **Өрістер теориясы.** ф и з. *Математиканың кеңістіктің скалярлық, векторлық, тензорлық аймақтарының қасиеттерін зерттейтін саласы.* **Өрісі кең.** а) *Алымды, білімі терең.* ә) *Шарықтап дамыған, жетілген.* б) *Қарым-қатынас жасайтын адамы көп.* **Өрісі кеңейді [кеңіді].** а) *Жан-жақты өсті, дамыды.* ә) *Жан-жақты болып, өсіп-өнді.* **Өрісіңді өрт алғыр, жайлауыңды жау алғыр!** қ а р ғ. *Жамандық айнала шырмасын, жау жағадан, бөрі етектеннің керін көр деген мағынада.* **Өрісін ұзартты.** *Өрістетті, өсірді, дамытты.* **Өрісіңе мал толсын.** т і л е к. *Малың көп болсын, дәулет кетпесін деген мағынада.* **Өрісі тар.** а) *Мешеу, тоғышар.* ә) *Шолақ ойлайтын, білім-парасаты таяз.*

**ӨРІС²** з а т. к ә с. *Құрылған өрмек жібінің ұзындығы.*

**Өріс жібі.** э т н. *Өрмектің немесе тоқылған матаның негізін құрайтын ұзына бойына бір-біріне параллель орналасқан жіп.*

**ӨРІС³** з а т. э т н. *Алтын, күміс бұйымдарға жалатқан қара ала өрнек үйлесімі.*

**ӨРІССІЗ** с ы н. **1.** *Мал жайылатын жері жоқ, өрісі жоқ.* **2.** а у ы с. *Ағайын-туғансыз, жегжатсыз.*

**ӨРІССІЗДІК** з а т. *Өрісі жоқтық, таяздық; дамымағандық.*

**ӨРІСТЕ=** е т. **1.** *Малдың жайылымға шығуы, өріске кетуі.* **2.** а у ы с. *Даму, алға басу, өркендеу, өрлеу.* **3.** а у ы с. *Өрбу, жалғасын табу, туындау.*

**ӨРІСТЕГІШ** с ы н. *Жайылып жүретін, өрістеп жүргіш.*

**Өрістегіш балықтар.** з о о л. *Уылдырық шашу үшін теңіздерден өзенге қарай немесе өзендерден теңізге қарай қоныс аударатын балықтар.*

**ӨРІСТЕЛ=** е т. *Дамытылу, өркендетілу.*

**ӨРІСТЕЛУ** *Өрістел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТЕН=** е т. с ө й л. *Өрістеу, өркендеу, ілгерілеу.*

**ӨРІСТЕНУ** *Өрістен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТЕС** с ы н. **1.** *Өрісі бір, жайылымы қатар.* **2.** а у ы с. *Ой-өрісі, сөзі бір, өрелес.* **3.** *Қатарлас, құралыптас.*

**ӨРІСТЕТ=** е т. **1.** *Өріске шығарып, жайылту.* **2.** а у ы с. *Өрбіту, жалғастыру.* **3.** а у ы с. *Дамыту, ілгерілету.*

**ӨРІСТЕТУ** *Өрістет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТЕТУШІ** з а т. *Дамытушы, ілгерілетуші.*

**ӨРІСТЕТІЛ=** е т. *Дамытылу, ілгерілету.*

**ӨРІСТЕТІЛУ** *Өрістетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТЕТІҢКІРЕ=** е т. *Ұлғайтыңқырау, дамытыңқырау.*

**ӨРІСТЕТІҢКІРЕУ** *Өрістетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТЕУ** *Өрісте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨРІСТІ** с ы н. **1.** *Өрісі мол, жайылымы кең.* **2.** а у ы с. *Ағайын-туғаны көп, жегжат-жұрағатты.* **3.** *Өрелі, өнегелі.* **4.** а у ы с. *Дамыған, алға басқан.*

**ӨРІСТІК¹** з а т. *Малдың тезек, улы дәрет шығарар мүшесі.*

**ӨРІСТІК²** с ы н. *Өріске тән; өріс боларлық.*

**ӨРІСТІЛІК** з а т. *Өрелілік, өрісі кеңдік.*

**ӨРІСШІЛ** с ы н. **1.** *Өрісқұмар, жайылымпаз.* **2.** а у ы с. *Ой-өрісі кең.*

**ӨРІСШІЛДІК** з а т. *Өрісқұмарлық, жайылымпаздық.*

**ӨРІШ** з а т. э т н. *Жұмырлап өрілген таспа.*

**ӨС=** е т. **1.** *Өсімдіктің жан-жаққа тамырын таратып, бойы ұзарып, жапырақ жайып өнуі.* **2.** *Адамның есеюі, ержету. // Жас кезін, балалық шағын белгілі бір жерде өткізу.* **3.** *Жан-жанулар төлінің ұлкеюі.* **4.** *Саны, көлемі жағынан арту, молаю, көбею.* **5.** а у ы с. *Қызмет дәрежесінің, атақ лауазымының жоғарылауы.* **6.** а у ы с. *Алға басу, даму, өркендеу, ілгерілеу; көркею, гүлдеу.*

**Өсе келе**. *Дами келе, қалыптаса келе; өскен сайын.* **Өспей өндіршегің үзілгір!** қ а р ғ. *Қыршын кет, жастай кет; өсіп береке таптырмассың, одан да өл де қал деген мағынада.* **Өспейтін жігіт.** *Ісі өнбейтін, сөзінде пәтуа жоқ, бос әурешілікке салынып жүретін, жалқаулыққа бейім, ішер ас, киер киімге жарымайтын, енжар, босбелбеу жігіт.*

**ӨСЕК** з а т. *Біреуді сыртынан даттап, ғайбаттап айтқан сөз.*

**Өсек айтты [етті].** *Біреудің сыртынан ғайбат сөз сөйледі, жалған, өтірік пікір жеткізді.* **Өсек аңдыды.** *Дақпырт сөзге әуес болды, өсек терді.* **Өсек бақты [қуды].** *Іздегені өсек-аяң, алыпқашты, сыпсың әңгіме болды, жаманат, қауесет, сырт ғайбат сөз таратты.* **Өсек гуледі [гуілдеді, лаулады].** *Өсек үсті-үстіне айтылды, өсек жайылды.* **Өсек ерді.** а) *Артынан жаманат ерді, өсекке ілінді.* ә) *Өтірікке, жалған сөзге иланды, сенді, алданды.* **Өсек етті [қылды].** *Сыртынан ғайбат, қиянат сөз таратты, жаманат тағып сөз етті.* **Өсекке қалды**. *Алыпқашпа сөзге ілінді, даттадды, сөзге қалды.* **Өсекке таңды [салды].** а) *Кінәны, қылмысты басқаға аударды, жала жапты.* ә) *Артынан сөз ертті, жамандады.* **Өсекке шалынды [шырмалды, ілінді].** *Сөзге қалды, артынан сөз ерді, ғайбатқа ұрынды.* **Өсек қуды.** *Іздегені өсек-аяң, сыпсың әңгіме болды; жаманат қауесет, сырт қайбат сөз таратты.* **Өсек лаулады.** *Әңгіме, алып-қашты сөз, дақпырт көбейді, өрттей қаулады.* **Өсек сөз**. *Біреуді сыртынан даттап жамандаған ғайбат сөз.* **Өсек тарады.** *Ғайбат сөз жайылды, неше саққа жүгіртті.* *Өсек тарай бастады.* **Өсек тасыды [жүргізді].** *Өтірік жалған сөзді, ғайбат сөзді бірден-бірге жеткізді.* **Өсек терді**. *Алыпқашпа, сыпсың сөзді жұртқа жайды.* **Өсекті жүндей сабады.** *Ағайынның, екі кісінің, тату достың арасына от жағар, ушықтырар, араздыққа апарар, жауықтырар сөз жүгіртті.* **Өсекті қарша боратты [судай сапырды].** *Жалған сөзді үсті-үстіне төпеді, бұрқыратты.* **Өсектің желі тұрды.** *Өсек тарай бастады.*

**ӨСЕК-АЯҢ** з а т. *Түймедейді түйедей еткен жаңсақ пікір, ұшқары ойдан құралған лақап, өтірік сөз.*

**Өсек-аяңға үйірлік.** *Өсекқұмарлық, өсекке әуестік.* **Өсек-аяң таратты**. *Өсек сөз жайды, өсек тасыды.*

**ӨСЕКБАСТЫ** с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Өсекке құмар, өсекшіл.*

**Өсекбасты болды**. *Қаңқу сөзге, жаманатқа ілікті.*

**ӨСЕК-ЖАЛА** з а т. *Негізсіз тағылған айып, жалған, алыпқашты сөзге құрылған кінә.*

**ӨСЕКҚҰМАР** с ы н. *Өсекке әуес, өсекшіл.*

**ӨСЕК-ӨТІРІК** з а т. *Біреудің жаратпай жанынан қосып таратқан сөзі.*

**ӨСЕКТЕ=** е т. *Біреуді сыртынан орынсыз даттап сөз ету, өтірік лақап тарату.*

**ӨСЕКТЕС=** е т. *Бірге өсектеу, ғайбаттасу.*

**ӨСЕКТЕСУ** *Өсектес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСЕКТЕУ** *Өсекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСЕКТЕУШІ** з а т. *Біреуді орынсыз жамандаушы, өсек сөз айтушы.*

**ӨСЕКТІК** с ы н. *Өсек үшін, өсекке арналған.*

**ӨСЕКШІ** з а т. *Өсек тасушы, өсек айтушы.*

**ӨСЕКШІЛ** с ы н. *Өсек сөзге құмар, лақапшыл. // Өсек сөзге құмар, лақапшыл адам.*

**ӨСЕКШІЛДІК** з а т. *Өсек сөзге құмарлық, өтірік айтушылық.*

**ӨСЕКШІЛІК** з а т. с ө й л. *Өсекшілдік, өсекке құмарлық.*

**ӨСЕНАРЫҚ** з а т. ж е р г. *Су келетін үлкен арық.*

**ӨСЕР: өсер көбейсін!** а л ғ ы с. *Бала-шаға, мал-жанның көп болсын!*

**ӨСИЕТ** [ар. وصية] з а т. **1.** *Жасы үлкен немесе парасатты, білімді, тәжірибелі адам тарапынан өзінен кейінгілерге, жасы кішілерге айтылатын ақыл, кеңес, ғибрат, үлгі, өнеге.* **2.** з а ң. < ағыл. will; testament> *Мүлік, құндылықтар, ақшалай салымдар иесінің өзі қайтыс болған жағдайда бұлардың кімнің иелігіне берілуге тиіс екендігі туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жазылып, нотариалдық жолмен расталған жазбаша өкімі.*

**Өсиет айтты [қалдырды].** *Кейінгі ұрпаққа ақыл, үлгі, кеңес берді.* **Өсиет өлең.** ә д е б. *Көпшілікке айтылатын уағыз, келелі кеңес түріндегі өлең.*

**ӨСИЕТНАМА** [ар. ир. وصيت نامه] з а т. *Жазылған, хатқа түскен өсиеттер жиынтығы.*

**ӨСИЕТТЕ=** е т. *Үлгі-өнеге айту, өсиет қылу, ғибраттау.*

**ӨСИЕТТЕУ** *Өсиетте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСИЕТШІ** з а т. **1.** *Өсиет айтушы, ақылшы.* **2.** з а ң. *Өсиет жазып қалдырушы.*

**ӨСИЕТШІЛ** с ы н. *Өсиет айтқыш, ғибратшыл.*

**ӨСИЕТШІЛДІК** з а т. *Өсиет айтқыштық, ғибратшылдық.*

**ӨСКЕЛЕҢ** с ы н. **1.** *Тез өскіш, өсімтал.* **2.** а у ы с. *Жан-жақты өскен, ілгері дамыған, өркендеген, қалыптасып жетілген.*

**ӨСКЕЛЕҢДЕ=** е т. *Денесі ұзару, биіктеп өсу.*

**ӨСКЕЛЕҢДЕТ=** е т. *Өсірту, өсіңкі ету.*

**ӨСКЕЛЕҢДЕТУ** *Өскелеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСКЕЛЕҢДЕУ**[1] сын. *Ұзындау, өсіңкілеу.*
**ӨСКЕЛЕҢДЕУ**[2] *Өскеленде етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСКЕЛЕҢДІК** зат. **1.** *Тез өскіштік, өсімталдық.* **2.** ауыс. *Қарқындап алға дамушылық, өркендеп жетілгіштік.*
**ӨСКЕНДІК** зат. **1.** *Көбейгендік, молайғандық.* **2.** ауыс. *Ілгерілеушілік, дамығандық, алға басқандық.*
**ӨСКІН** зат. бот. *Тұқымнан өсіп шыққан өсімдік көгі.*
**ӨСКІНДЕ=** ет. *Тұқымның көгеріп өсіп шығуы.*
**ӨСКІНДЕУ** сын. *Өсіңкіреп кеткен.*
**ӨСКІНШЕ** зат. бот. **1.** *Өсімдіктің өркен алар жеріндегі бүршік; өскін.* **2.** *Жоғары сатыдағы тұқымды өсімдіктердің (плаун, қырықбуын, қырыққұлақ тәрізділер) жынысты ұрпағы.*
**ӨСКІШ** сын. *Тез өсіп жетілгіш, дамығыш.*
**Өскіш бүршік.** ботан. *Сабақ, жапырақ өсіп шығатын өсімдік бүршігі.* **Өскіш өркен.** ботан. *Жеміс салмайтын, ұзарып өсетін өркен.*
**ӨСМЕШКІ** зат. сөйл. ***Восьмушка.***
**ӨС-ӨН=** ет. *Көбею, жетілу, өсу.*
**ӨСУ-ӨРБІ=** ет. *Көбею, өсіп-өну, даму.*
**ӨСПІРІМ** зат. *Балалықтан бозбалалық, бойжеткен шаққа өтетін кезеңдегі ұл мен қыз. // Балалықтан бозбалалық, бойжеткен шаққа жетіліп келе жатқан.*
**Өспірім шақ.** *Адамның балалығы мен бойжеткен, бозбалалық шағының арасындағы жетілу кезеңі.*
**ӨСПІРІМДІК** зат. *Жасөспірімдік, жастық.*
**ӨСТЕН**[1] зат. жерг. ***Арна.***
**ӨСТЕН**[2] зат. кәс. егіншар. *Үлкен арық, оман арық.*
**ӨСТЕ-ӨСТЕ** үст. сөйл. *Осылай-осылай, сөйте-сөйте.*
**ӨСТИ-ӨСТИ** үст. сөйл. *Қайта-қайта осылай етіп, сөйте-сөйте.*
**ӨСТУ** *Өсті етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСТІ=** ет. *Осылай істеу, сөйту. // Осылай, осындай күйде.*
**Өстіп жүргенде.** *Осы күйде өмір сүріп жатқанда, осы кезде, осы шақта.* **Өстіп жүріп.** сөйл. *Осы тірлікпен, осы түрімен, осындай күй кешкен кейіппен.*
**ӨСТІП-ӨСТІП** үст. *Осылай-осылай; бірте-бірте.*
**ӨСТІР=** ет. сөйл. **1.** *Өсіру, ержеткізу.* **2.** ауыс. *Өндіріп шығару, баптап жетілдіру.*
**ӨСТІРУ** *Өстір етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСТІТКІЗ=** ет. сөйл. *Осылай еткіздіру, сөйт- кіздіру.*
**ӨСТІТКІЗУ** *Өстіткіз етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСУ** *Өс етістігінің қимыл атауы.*
**Өсу бағыты.** биол. <грек. tropos> *Ортаның әртүрлі факторларының (жарық, жер тартылысы, химиялық заттектер және т.б.) біржақты әсерінің салдарынан өсімдік бөліктерінің немесе жануарлар мүшелерінің өсу бағытындағы өзгеріс.* **Өсу жолы.** *Өсіп, жетілу кезеңі.* **Өсу кезеңі.** биол. *Жыныс жасушаларының дамуы – гаметогенездің екінші кезеңі.* **Өсу конусы.** ботан. *Өсімдіктің сабағы мен тамырының ұшындағы түзуші ұлпа.* **Өсу қарқыны.** экон. *Белгілі бір кезеңдегі экономикалық көрсеткіш шамасының оның алдыңғы кезеңдегі немесе негіз ретінде қабылданған кейбір ұқсас кезеңдегі шамасына қатынасы.* **Өсу нүктесі.** бот. <лат. apex> *Өсу конусы, өсімдіктің өсуге қабілетті органдарының сабақ, тамыр түзуші ұлпа – меристемадан тұратын, дөңгелекше келген конус тәрізді ұшы.* **Өсу нысаны.** биол. *Морфологиялық белгілері бойынша бөлінетін өсімдіктердің тіршілік нысанының бөлімі.*
**ӨСУ-ӨНУ** *Өс-өн етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСУ-ӨРБУ** *Өс-өрбі етістігінің қимыл атауы; көбею, өсіп-өну, даму.*
**ӨС-ӨРКЕНДЕ=** ет. *Ілгері басу, көркею, гүлдену, даму.*
**ӨСУ-ӨРКЕНДЕУ** *Өс-өркенде етістігінің қимыл атауы.*
**ӨС-ӨРЛЕ=** ет. *Алға басу, даму, өсу.*
**ӨСУ-ӨРЛЕУ** *Өс-өрле етістігінің қимыл атауы.*
**ӨСІК** сын. *Өсіп кеткен, өсіңкі.*
**ӨСІМ** зат. **1.** *Адам, жан-жануарлардың, өсімдіктің көбейіп өсуі; өнім.* **2.** *Қосымша түсетін үстеме, пайда.* **3.** экон. *Әртүрлі формада (несие, ссуда) берілген қарыздан алынатын үстеме кіріс немесе қаржылық сипаттағы салымдардан түсетін өспелі табыс.* **4.** экон. <лат. poena> *Қаржы міндеттемелерін мерзімінде орындамағаны үшін санкция болып табылатын тұрақсыздық айыбының бір түрі.*
**Өсімге берді.** *Көбейтіп, еселеп қайтаруды шарт етіп берді.* **Өсім су.** кәс. *Мақтаға берілетін екінші су.* **Өсім мөлшерлемесі.** экон. <ағыл. interest rate> *Белгілі бір мерзімге (ай, тоқсан, жыл) пайдалануға алғаны үшін несиені өтеушінің төлейтін несие сомасына шаққандағы пайыздық үстеме сомасы.*
**ӨСІМАҚЫ** зат. экон. <лат. poena> *Төлемдер мен жарналар төлеу мерзімін бұзғаны үшін заң жүзінде белгіленген қаржы шарасы.*
**ӨСІМДІ** сын. **1.** *Өсімтал, өнімді.* **2.** *Өсіп-өнген.*
**ӨСІМДІК** зат. бот. **1.** *Топырақта өніп-өсіп шығатын ағаш, бұта, шөп тәрізді тамыры, сабағы, жапырағы болатын жасыл желек жамылғы.* **2.** <лат. plantae> *Қажетті бейорганикалық заттарды органикалық заттардан синтездеу арқылы алатындығымен жануарлар әлемінен ерекшеленетін органикалық әлемнің бір қабатын құрайтын ағзалар.*
**Өсімдік анатомиясы.** бот. *Өсімдікті органдары мен ұлпаларының микроскопты құрылысын зерттейтін ботаниканың бөлімі.* **Өсімдік белдеуі.** геогр. *Өсімдік алқабы.* **Өсімдік гельминтоспориозы.** бот. <лат. helminthosporium> *Гельминтоспориум туысына жататын саңырауқұлақтар таратататын өсімдік ауруы.* **Өсімдік географиясы.** геогр. *Фитогеография – ботаника мен физикалық географияның өсімдіктің географиясы таралуын зерттейтін бөлімі.* **Өсімдік гормоны.** биол. *Фитогормондар – өсімдікте зат алмасу процесінде үзіліп, орган құралуына әсер ететін физиологиялық белсенді заттар.* **Өсімдік дүниесі.** *Табиғатта, белгілі бір ортада өсетін өсімдіктер жиынтығы.* **Өсімдік жемісі мен тұқымының зиянкестері.** зоол. *Буынаяқтылардың үлкен бір тобы.* **Өсімдік зиянкестері.** бот. *Өсімдіктің өніп-өсуіне зақым келтіретін немесе мүлде құртып жіберетін жәндіктер.* **Өсімдік иммунитеті.** бот. *Өсімдіктің ауру қоздырғыштар мен зиянкестер әсеріне төзімділігі.* **Өсімдік интродукциясы.** егіншар. *Өсімдік түрін, сортын бұрын өспеген жерге, аймақтарға апарып өсіру.* **Өсімдік карантині.** егіншар. *Басқа жерден өсімдіктің қауіпті зиянкестері аурулары, арам шөбі әкелінбеуіне, таралмауына, ал бұлар тап болған жағдайда оларды құртуға арналған мемлекеттік шаралар.* **Өсімдік кенесі.** зоол. *Кенелер отрядына жататын кәдімгі өсімдік қоректі кенелердің бірнеше тұқымдасы.* **Өсімдік кеселі.** бот. *Ауру қоздырғыштары әсерінен және тіршілік ортасының жағдайынан өсімдіктің немесе кейбір органдарының зақымданып құрып кетуі.* **Өсімдік күлі.** бот. *Отқа жанған өсімдіктің қалдығы.* **Өсімдік қабығы.** бот. *Сабақ пен тамырды тіршілік ортасының қолайсыз жағдайларынан қорғайтын жасушалар.* **Өсімдік қызыл шірігі.** бот. *Көбіне өсімдіктің тамыры мен тамыр сабағының ауруы.* **Өсімдік майы.** тамақ. *Алуан түрлі өсімдіктер дәнегінен техникалық жолмен алынатын табиғи өнім.* **Өсімдік морфологиясы.** бот. *Ботаника ғылымының өсімдіктердің дамуындағы сыртқы, ішкі құрылысын, форма түзілуі заңдылықтарын зерттейтін саласы.* **Өсімдік өсіру.** егіншар. *Өсімдік шаруашылығы, ауылшаруашылығының екпе өсімдіктерді егіп, табиғи өсімдіктерді пайдаланып, халықты тағаммен, өнеркәсіпті шикізатпен, малды жеммен қамтамасыз ететін маңызды бір саласы.* **Өсімдік рағы.** бот. *Зиянды саңырауқұлақ, бактериялар, кейде аяздың салдарынан өсімдіктің кейбір бөлігінің дұрыс өспей шектен тыс ұлғаюынан болатын ісік, бұдыр.* **Өсімдік селекциясы.** егіншар. *Егін шаруашылық өсімдіктерінің жаңа сорттарын, гибридтерін шығаратын ғылыми әдісі.* **Өсімдік сұрпы [сорты].** бот. *Морфола белгілері, биологиялық қасиеттері ұқсас және шаруашылыққа қажет екпе өсімдіктер.* **Өсімдік сферасы.** ботан. <грек. phyllon – жапырақ, sphaira – шар> *Өсімдікке (ауадағы немесе судағы жапырағына, жемісұрығына, сабағына және т.б.) әсер ететін ауа немесе су кеңістігі.* **Өсімдік таты.** бот. *Қоздырғыш класына жататын тат саңырауқұлақтары тарататын аса зиянды және кең таралған өсімдік кенесі.* **Өсімдік тектес стиль [өсімдік стилі].** өнер. *Өнердегі нәбәтат ою-өрнек, нақыштарын қолдану сарыны.* **Өсімдіктер алқабы.** геогр. *Жер бедеріне, ауа райына, жыл маусымындағы жылу, ылғалға байланысты өсімдіктер тарап өскен белгілі бір аймақ.* **Өсімдіктер анатомиясы.** *Өсімдік морфологиясын зерттейтін ғылым саласы.* **Өсімдіктер бірлестігі.** бот. *Фитоценоз – өскен ортасы біркелкі белгілі бір аймақта өзара және табиғат жағдайымен байланысты өскен өсімдіктер.* **Өсімдіктерді қорғау.** экол. *Шаруашылық мақсатта қолданылатын ашық және жабық грунттағы егістік пен отырғызылған көшеттерге, мәдениленділрілген жерлерге (шалғынға, екпеағаш алқаптарына және т.б.), табиғи өсімдіктерге (ең алдымен ормандарға) зиян келтіретін ағзалармен күресу шаралары.* **Өсімдіктердің таралуы.** бот. *Табиғат жағдайына (ауа райы, жер беті құрылысы, топырағы т.б.) байланысты өсімдіктердің жаңа аймақты мекендеуі.* **Өсімдіктер магнитотропизмі.** бот. *Өсімдік сабағының оңтүстік полюске қарай бағытталуы.* **Өсімдіктер формациясы.** бот. *Фитоформация – флоралық құрылымы әртүрлі, бірақ өсімдіктер өскен орталығы мен ботаникалық түрлері ұқсас бірнеше ассоциациялар.* **Өсімдік тынысы.** бот. *Өсімдік ағзасында органикалық заттардың физиологиялық тотығу процесі.* **Өсімдік тіні.** бот. *Анатомиялық, морфологиялық құрылысы, атқаратын қызметі ұқсас клеткалар тобы және клеткадан тыс құрамдар.* **Өсімдіктің қоректенуі.** *Өсімдіктердің қоршаған ортадан тіршілігіне қажетті химиялық элементтерді қабылдап, бойына сіңіру процесі.* **Өсімдіктің қоректік алаңы.** бот. *Жеке бір өсімдіктің қоректенің, дұрыс өсуіне қажет жер көлемі.* **Өсімдіктің өсіп-жетілу сатылары.** бот. *Өсімдік ағзасы онтогенезіндегі маңызды тіршілік процестерінің кезеңдері.* **Өсімдіктің суды буландыруы.** бот. *Өсімдіктердің денесіндегі артық суды ауаға бөліп шығаруы.* **Өсімдіктің суыққа төзімділігі.** бот. *Өсімдіктің қысқа мерзімді суықтан және қыстың ұзақ аязынан тіршілігін сақтап қалуы.* **Өсімдікті сұрыптау.** бот. *Өсімдік пен тұқымның ең жақсыларын көбейту үшін таңдап алу.* **Өсімдіктің таз қотыры.** бот. *Өсімдіктің беткі тканьдерін, яғни жапырағын, жемісін, өркенін зақымдайтын ауру.* **Өсімдік физиологиясы.** бот. *Ботаниканың өсімдіктің тіршілік әрекетін зерттейтін бір бөлімі.* **Өсімдік хлорозы.** бот. *Өсімдік жапырағы және басқа да органдарының жасыл түсінің өзгеріп, сарғылт-жасыл, сары не ағарып кетуі.* **Өсімдік шайлары.** мед. *Әртүрлі емдік өсімдіктердің жапырағы, гүлі, тамыры, жемістерінен шай тәрізді қайнатып жасаған дәрілік сұйықзат немесе сол зат дайындалатын кептен қоспа.* **Өсімдік шаруашылығының өнімі.** *Ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің нәтижесінде алынған өсімдік текті өнімдер, сондай-ақ көпжылдық екпе ағаштарды өсіру мен пайдаланудан алынған өнімдер.*

**ӨСІМДІКЖАЙ** зат. жаңа. <франц. orangerie> *Өсімдіктің өсуіне қолайлы факторларды өзі бақылап, белгілі қалыпта ұстап тұратын арнайы, едәуір күрделі құралдармен жабдықталған орынжай.*

**ӨСІМДІКЖОЙҒЫ** зат. биол. *Зиянкес өсімдіктерді жоюда қолданылатын биологиялық құралдар.*

**ӨСІМДІКСІЗ** сын. *Өсімдік өспейтін, өсімдік шықпайтын, тақыр.*

**ӨСІМДІКТАНУ** зат. бот. *Өсімдіктер жөніндегі ілім; ботаника.*

**ӨСІМДІЛІК** зат. *Өнімділік, шығымдылық, түсімділік.*

**ӨСІМҚОР** зат. жағымсыз. *Мұқтаждарға үстемемен қайтаруға қарыз беріп, содан пайда табатын пайдақор адам.*

**Өсімқор капитал**. қаржы. *Тікелей өндірушілердің қосымша еңбегін иемдену үшін жоғары пайызды өсіммен несиеге берілген ақша.*

**ӨСІМҚОРЛЫҚ** зат. жағымсыз. *Несиеге қарыз беріп, оңай пайда табумен шұғылданушылық.*

**ӨСІМПАЗ** сын. сөйл. ***Өсімтал.***

**ӨСІМТАЛ** сын. **1.** *Тез өскіш, жетілгіш.* **2.** *Тез көбейгіш, көбеюге бейім.*

**Өсімтал топ.** зоол. *Ұрпақтың пайда болуын қамтамасыз ететін даралардың жиынтығы.*

**ӨСІМТАЛДЫҚ** зат. **1.** *Тез өскіштік, көбейгіштік, көбеюге бейімділік.* **2.** зоол. *Ағзалардың эволюциялық түрде қалыптасқан, қалыпты жағдайда көбею арқылы табиғи өлім-жітімнің орнын толтыру қабілеті.* **3.** *Ауылшаруашылық жануарлары төлдерінің көбею, өсу көрсеткіші.*

**ӨСІМШЕ** зат. матем. *Функцияның шексіздікке ұмтылдыратын мәндері.*

**ӨСІНДІ** зат. **1.** зоол. *Жан-жануарлар денесіндегі өсіп шыққан, көзге көрініп тұратын, әдетте ағзасының артық бөлігі.* **2.** бот. *Өсімдіктің өркені, тамырынан, сабағынан өз алдына бөлініп шыққан бөлігі.* **3.** анат. *Адам ағзасы мүшелерінің басқа мүше бөліктерімен ұласқан бөлігі.*

**ӨСІҢКІ** сын. **1.** *Аздап өскен, ұзынырақ.* **2.** ауыс. *Жоғарылатылған, көтермеленген, үлкен.*

**ӨСІҢКІЛЕУ** сын. **1.** *Аздап өскен, үлкендеу.* **2.** *Көтеріңкілеу, жайланыңқырау.*

**ӨСІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Аздап өсу, ұзарыңқырау.* **2.** ауыс. *Есейіңкіреу, ержетіңкіреу.*

**ӨСІҢКІРЕУ** *Өсіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІП-ЖЕТІЛ=** ет. *Дамып-толу, өсіп біту, толысу.*

**ӨСІП-ЖЕТІЛУ** *Өсіп-жетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІП-ӨН=** ет. **1.** *Өсімдіктің гүл шашып жайқалуы, жапырақ жаюы, өнім беруі.* **2.** *Өрбіп-өсу, көбею, ұрпақ жаю, таралу.* **3.** ауыс. *Жетілу, толысу.*

**ӨСІП-ӨНУ** *Өсіп-өн етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІП-ӨНУШІЛІК** зат. *Өсушілік, жетілушілік; дамуға бейімділік.*

**ӨСІП-ӨРБУ** *Өсіп-өрбі етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІП-ӨРБІ=** ет. **1.** *Тарау, ұрпақ жаю, көбею.* **2.** *Ел қатарына қосылу, адам болу, даму.*

**ӨСІП-ӨРКЕНДЕ=** ет. **1.** *Өсіп-өну, көбею, таралу.* **2.** *Даму, абаттану, гүлдену.*

**ӨСІП-ӨРКЕНДЕУ** *Өсіп-өркенде етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІР=** ет. **1.** *Күтіп-баптау, көбейту, қарау (мал туралы).* **2.** *Отырғызу, егу, жетілдіру (өсімдік туралы).* **3.** ауыс. *Бағып-қағып, ержеткізу, асырап жеткізу.*

**ӨСІРГІШ** зат. *Жоғарылатқыш, биіктеткіш.*

**ӨСІРТ=** ет. **1.** *Бағып-қақтыру, ержеткізділру.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Бөскіздіру, бос масаттандыру.*

**ӨСІРТКІЛЕР** зат. бот. <грек. auxano> *Өсімдік гормондарының тобы.*

**ӨСІРУ** *Өсір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІРУШІ** зат. *Көбейтуші, бағып-қағушы, қараушы.*

**ӨСІРІЛ=** ет. **1.** *Бағылу, көбейтілу.* **2.** *Егілу, отырғызылу.*

**ӨСІРІЛУ** *Өсіріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бағылу, көбейтілу.* **2.** *Егілу, отырғызылу.*

**ӨСІРІҢКІРЕ=** ет. *Аздап асырыңқырау, көбейтіңкіреу.*

**ӨСІРІҢКІРЕУ** *Өсіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІРІС=** ет. **1.** *Бағысу, қарасу.* **2.** *Ержеткізісу, асырасу.*

**ӨСІРІСУ** *Өсіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІТ=** ет. сөйл. *Осылай ету.*

**ӨСІТКІЗ=** ет. сөйл. *Осылай еткізу.*

**ӨСІТКІЗУ** *Өсіткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІТУ** *Өсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨСІШ** зат. кәс. *Мақта сабағының ең жоғарғы ұшы.*

**ӨТ**[1] зат. анат. <лат. belis, fel> *Адам мен омыртқалы жануарлар бауырының безді жасушалары шығаратын ас қорытуға қажетті сарғылт-жасыл түсті ащы сұйық зат және осы зат тұратын іші қуыс ағза мүшесі.*

**Өт айдайтын дәрілер**. мед. *Өт түзілуін және оның ұлтабарға құйылуын үдететін дәрі-дәрмектер.* **Өт жолы.** анат. <лат. canalis fellae> *Өт өзекшелерінен құралып, өтті өт қабына әкелетін өзек.* **Өт жүргізу**. мед. *Өтті айдау, ағзадағы өт бөліну қызметін жақсарту.* **Өт қабы.** анат. <лат. vesica fellae, лат. vesica қап, fella – өт> *Өт уақытша жиналатын, жұқа қабырғалы қап.* **Өт қалтасы**. анат. *Омыртқалы жануарлар мен адам ағзасының іші қуыс, өт жиналып тұратын мүшесінің сыртқы қабы.* **Өт өзегі.** анат. <лат. ductus fellae> *Өтті бауырдан он екі елі ішекке өткізетін түтікше мүше.* **Өт өзекшелері**. анат. <лат ductuli fellae> *Бауыр бөлікшелеріндегі түзілген өтті өт жолына әкелетін ұсақ түтікшелер.* **Өтте тас байлану**. мед. *Холестериндік заттар алмасу процесі бұзылуынан өт қабы мен өт жолында тас пайда болуы.* **Өтң аузына құйылды.** *Жаны шығып, қатты састы.* **Өті жарыла ма?** *Несі кетеді екен деген кею, ұнатпау.* **Өті жарылды.** *Төзімі таусылды, шыдамы шегіне жетті.* **Өтімен жарылды**. *Қағанағы қарс айырылды, қатты ашуланды.* **Өтін алып аузына құйды.** *Жанын көзіне көрсетті, қатты қысты.* **Өтін жара жалынды**. *Әбден таусыла тілек айтты.* **Өтіңменен жарылма.** *Құр босқа күйіп-піспе, бос нәрсеге таусылма.*

**ӨТ**[2] зат. жерг. *Сиырда болатын ауру.*

**ӨТ**[1]**=** ет. **1.** *Бір нәрсенің арасынан жүру; бойынан, қабатынан асып кіру, тесіп шығу.* **2.** *Бір жағадан екінші жағаға, арғы бетіне шығу.* **3.** *Бір жерден екінші жерге қарай бағыттала қозғалу, жүру.* **4.** *Бір елден екінші елге кету, ел асу, бөтен жерден қоныс тебу.* **5.** ауыс. *Қоғамның белгілі бір ұйымына мүше болу.* **6.** ауыс. *Белгілі бір әрекеттің, уақиғаның іске асуы, болуы.* **7.** ауыс. *Қаза болу, демі біту; қайтыс болу, өлу.* **8.** ауыс. *Өмір сүріп кету, тіршілік ету.* **9.** ауыс. *Біту, түгесу, таусылу.* **10.** ауыс. *Сатылу, сатып алушысын табу.* **11.** ауыс. қарап. *Күйеуге кету, түрмысқа шығу.*

**Өткен ғұмыр**. *Басынан өткергені бар, қызығы, өмір-тіршілігі.* **Өткен заманда [заман].** фольк. *Ертеде, бұрында, баяғыда.* **Өткен күннің белгісі жоқ.** *Өмір зырлап, білінбей, білдірмей өтіп кетеді деген мағынада.* **Өткен шақ.** лингв. *Іс-қимылдың өткен, кезде болғанын білдіретін етістік шағы.*

**ӨТ**[2]**=** ет. *Қайралған құрал-жабдықтың өткірленуі, кесуі.*

**ӨТАЙДАҒЫШ** сын. мед. *Ағзадағы өтті жүргізетін, өттің бөліну қызметін белсендіретін.*

**ӨТЕ** үст. **1.** *Аса, сонша, ерекше.* **2.** *Тым, тіпті.*

**Өте тұщы су.** сушар. *Құрамындағы ерігеn тұздардың мөлшері 0,1 г/дм*$^3$*-ден аспайтын табиғи су.*

**ӨТЕ=** ет. *Парызын, міндетін, шығынын, қарызын, аманатын, айыбын және т.б. қайтару, құтылу, орындау және т.б*

**ӨТЕГЕН** сын. жерг. **1.** *Өткір.* **2.** ауыс. *Пысық, өжет.*

**ӨТЕК**[1] зат. сөйл. ***Үтік.***

**ӨТЕК**[2] зат. көне. *Ертедегі әкімшілік-аумақтық бірлік аты.*

**ӨТЕКТЕ=** ет. жерг. *Үтіктеу, киім-кешек, матаның қыртысын үтікпен жазу.*

**ӨТЕКТЕЛ=** ет. *Үтік басылу.*

**ӨТЕКТЕЛУ** *Өтектел етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕКТЕТ=** ет. сөйл. *Үтіктету, үтік басқызу.*

**ӨТЕКТЕТУ** *Өтектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕКТЕУ** *Өтекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕКТЕУЛІ** сын. сөйл. *Үтіктеулі, қыры, қатпары жазулы.*

**ӨТЕКТЕУСІЗ** сын. *Үтіктеусіз, үтіктелмеген, қыр қатпары жазылмаған.*

**ӨТЕЛ** зат. *Әбден пайдаланылып, тозығы жеткен көр-жер, ескі-құсқы зат, мүлік. // Ескі, тозығы жеткен.*

**ӨТЕЛ=** ет. **1.** *Орны толу, қайтарылу.* **2.** ауыс. *Атқару, орындау (міндет, борыш, парыз т.б.).*

**Өтелмес шығын**. *Орны толмас кемшілік, шығын.*

**ӨТЕЛЕКТЕ=** ет. жерг. **1.** ***Тасымалда.*** **2.** *Бірден екіншіге, одан үшінші сатыға топырақты биікке шығару.*

**ӨТЕЛЕКТЕУ** *Өтелекте етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕЛМЕГЕН** сын. экон. **1.** *Дебиттар мен борышкерлік міндеттемелері төленбеген.* **2.** *Чек не траттасы төлеуге әлі ұсынылмаған.* **3.** *Акционерлік капитал ретінде корпорация (теңгерімінде көрсетілген, иелері ұстап қалатын (акциялар).*

**ӨТЕЛІМШ** сын. сөйл. *Алдағы уақытта өтелетін.*

**ӨТЕЛСЕРІ** [ор. утиль сырье] зат. сөйл. *Көр-жер, ескі-құсқы.*

**ӨТЕЛУ** *Өтел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қайтарылу, орны толу.* **2.** ауыс. *Орындалу, атқарылу.*

**ӨТЕЛІМДІЛІК** зат. экон. *Инвестициялық жобалардың тиімділігінің бағалау белгісі.*

**Өтелімділік әдісі**. экон. *Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістерінің бірі.* **Өтелімділік мерзімі.** экон. *Бастапқы инвестициялардың алынған табыс есебінен қайтарылу уақыты.*

**ӨТЕМ** зат. *Төлем, шығынның орнын толтыратын өтеуі.*

**Өтем заңы**. лингв. *Тіл ғылымында анықталған тілдік тәсілдердің бірінің орнын екіншілері толықтырып, теңестіріп тұратындығы туралы заң.* **Өтем қоры**. экон. *Жай ұдайы өндірістің мақсатты көзі.* **Өтем шығындары**. экол. *Табиғатқа кері антропогендік әсердің салдарынан қалыптасқан, халықтың өмірі немесе өндіріс үшін материалдық және табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін дайындау үшін жұмсалатын қосымша шығындар.*

**ӨТЕМАҚЫ** зат. құқық. <лат. commpensatio> *Азаматтық құқықта заңмен белгіленген белгілі бір себептерге байланысты азаматтық-құқықтық міндеттердің бұзылуы салдарынан туындаған шығындардың орнын толтыру үшін берілетін төлем.*

**ӨТЕМДІК** сын. *Өтемге қатысты, өтемге тән.*

**Өтемдік баж.** экон. *Өтемдік шараларды енгізу кезінде қолданылатын және үкімет қаулысы негізінде шет мемлекет қаражаттандыратын тауар импортына кеден бажының базалық мөлшерлемесінен тыс белгіленетін баж.* **Өтемдік баланс.** экон. *Коммерциялық несиенің пайыз түрінде көрсетілген бөлігі; бұл бөлікті қарыз алушы банкте депозит ретінде ұстауға міндетті.* **Өтемдік келісім.** а) экон. *Белгілі бір талаптарға негізделген және белгіленген мерзімде өтелетін несие мен көрсетілетін қызметтерді өтеуге байланысты сыртқы сауда мәмілесі.* ә) қаржы. *Отандық валютаға айырбастау үшін шетелдік валюта түрінде қарыз беру туралы келісім.* **Өтемдік қарыз**. қаржы. *Валюталық қатердің немесе валюталық шектеудің алдын алу немесе бейтараптандыру мақсатымен отандық валюта түріндегі қарызда айырбас ретінде шетел валютасы түрінде қарыз беру туралы келісім.* **Өтемдік лизинг**. қаржы. *Қаржы лизингісінің бір түрі, жалгер жалға алу ақысы ретінде лизингілік фирмаға жалға алынатын машиналар мен жабдықты пайдалана отырып, өндірген тауарды жеткізетін лизинг нысаны.* **Өтемдік мәміле**. экон. *Тауарларды тең құнға өзара жеткізуді көздейтін сатып алу-сату шарты.*

**ӨТЕ-МӨТЕ** үст. **1.** *Ерекше, айрықша, аса, тым.* **2.** *Әсіресе, бәрінен де.*

**ӨТЕМПҰЛ: өтемпұл нормасы**. экон. *Өтемпұл жарнасының белгілі бір кезеңде белгіленген мөлшерінің негізгі өндірістік капиталдардың баланстық құнына қатынасы; пайыз есебімен көрсетіледі.*

**ӨТЕН** зат. жерг. **1.** *Үй, шаңырақ, баспана.* **2.** *Отан, ата қоныс.*

**ӨТЕР-ӨТПЕСТЕ** үст. *Болар-болмаста, шамамен алғанда.*

**ӨТЕС** зат. сөйл. ***Өтесін.***

**ӨТЕС**= ет. *Бірге өтеу.*

**ӨТЕСУ** *Өтес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕСІН** зат. *Бір нәрсенің қарымтасы, есесі, төлемі.*

**ӨТЕТ**= ет. *Орнын толтырту.*

**ӨТЕТКІЗ**= ет. *Орнын толтыртқызу.*

**ӨТЕТКІЗУ** *Өтеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕТУ** *Өтет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТЕУ** *Өте етістігінің қимыл атауы.*

**Өтеу қоры**. экон. *Қоғамдық жиынтық өнімнің өндіріс барысында тұтынылған өндіріс құрал-жабдығын өтеуге пайдаланылатын бөлігі.* **Өтеуі жоқ.** *Орындалмас, арманда кеткен.* **Өтеуі қайтты**. а) *Төлеуі орнына келді.* ә) *Есесі қайтты, қаруы қайтты.* **Өтеуін төлеп алу**. экон. *Өндіріс құрал-жабдығын, жерді меншіктенушінің өзгеру нысаны.*

**ӨТЕУЛІ** сын. *Өтелінген, төленген.*

**ӨТЕУСІЗ** сын. *Өтелмеген, орны толмаған.*

**ӨТЕУШІ** зат. *Борышын, міндетін қайтарушы, орнын толтырушы.*

**ӨТЕУШІЛІК** зат. *Міндетін, парызын, қарызын орындаушылық.*

**ӨТЕУІ** зат. *Бір нәрсенің төлемі, қарымтасы.*

**ӨТЕШЕК** сын. **1.** *Өтпелі, тұрақсыз.* **2.** *Өтіп бара жатқан, өткелі тұрған.*

**ӨТКЕЛ**[1] зат. **1.** *Судан (өзеннен) кешіп, арғы бетке өтетін таяз жер.* **2.** әск. *Әскерлердің су кедергілерінен өтуі кезінде пайдаланылатын өзеннің, көлдің бір телімі.* **3.** тех. *Жол қозғалысы ағынынан жүргізушіге еркін өтуге мүмкіндік беретін жол телімі.* **4.** ауыс. *Ауыр жағдай, қиын іс, тар кезең; қиыншылық.*

**Өткел бермеді**. а) *Өзеннен өту қиынға соқты.* ә) *Буырқанып, тасыды, суы көтеріліп кетті (өзен).* б) *Бағынбады, ырқына, дегеніне көнбеді, ойындағыдай болмады.* **Өткелден аттады**. *Өткелден өтті.* **Өткел тапқыш төтеден**. *Жоқ жерден жол тауып кететін, айлакер.*

**ӨТКЕЛ**[2] зат. жерг. *Жол, кезек, мүмкіндік.*

**ӨТКЕЛЕК** зат. **1.** *Көп малды ұстау үшін арнайы жасалған ені тар қоршау.* **2.** *Асу, бір дөңнен екіншісіне өтетін ара.* **3.** тех. *Малды жеке-жеке өткізу үшін ағаштан жасалған ені тар қоршау.* **4.** ауыс. *Азабы көп қиын жағдай, қысылшаң кезең.*

**Өткелектен өтті.** *Азап шекті, қиындық көрді.*

**ӨТКЕЛЕКТЕТ**= ет. *Араға біреуді немесе бірдемені салып өткізіп жіберту.*

**ӨТКЕЛЕКТЕТУ** *Өткелектет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКЕЛЕКШЕ** сын. *Өткелек тәрізді, өткелекке ұқсатып.*

**ӨТКЕЛҚАҒАЗ** зат. ресми. *Рұқсат етілген қағаз; «пропуск».*

**ӨТКЕЛСІЗ** сын. *Кешіп өтетін жері жоқ, өткелі жоқ.*

**ӨТКЕЛШІ** зат. *Өткел жасаушы.*

**ӨТКЕН** үст. **1.** *Кешегі, бүгіннің алдындағы.* **2.** *Осының алдындағы, өтіп кеткен. // Тарих, тарихта қалған уақыт; бүгінге дейінгі кез.*

**Өткен заман.** *Өтіп кеткен дәуір, өткен шақ.* **Өткен күн**. *Осыған дейінгі кез, өтіп кеткен шақ.* **Өткен күнгі.** *Бұрынғы кездегі, осыған дейінгі уақыттағы.* **Өткен мен кеткен**. *Өтіп кеткен оқиға, бұрынғы болғандар, осыған дейінгі уақыт.*

**ӨТКЕНДЕ** үст. *Осының алдында, осыдан біраз күн бұрын.*

**ӨТКЕНДЕГІ** үст. *Бұрынғы, өткен кездегі.*

**ӨТКЕН-КЕТКЕН** сын. **1.** *Ары-бері жол жүрген, жолда жүріп кезіккен, барар-қайтар жолында жолыққан, ары-бері жол жүрген адам; барар-қайтар жолында соғып кеткен адам, жолаушы, жүргінші.* **2.** *Бұрынғы-соңғы, бұған дейінгі, өткен кездегі. // Тарих, байырғы, бұрынғы заман туралы білім. // Бұрынғы болған оқиғалар, өтіп кеткен уақыт. //*

**ӨТКЕР**= ет. **1.** *Белгілі бір жұмысты, шаруаны атқару, орындау.* **2.** *Міндетін өтеу, парызын орындау.* **3**. *Тіршілік кешу, уақыт (өмірін) өткізу.* **4.** *Өткізіп жіберу, өткізу.* **5.** *Басынан кешіру.* **6.** *Атап өту, ырым-жоралғысын жасап, гүрпын орындау.*

**ӨТКЕРМЕ**[1] зат. этн. *Қазақша жіп байлаудың бір түрі.*

**ӨТКЕРМЕ**[2] зат. этн. *Терме өрнегіне пайдаланатын жабдық.*

**ӨТКЕРМЕ**[3] зат. құр. *Теміржолдан кесе өту үшін немесе пароходқа мінуге т.б. арналып салынған көпір.*

**ӨТКЕРМЕ**[4] зат. тех. *Цилиндр немесе конус формалы стержень (өзек).*

**ӨТКЕРМЕ**[5] зат. кен. *Жер астындағы негізгі кен қазбаларының арасында адамдар қатынас жасауға арналып қазылған жатық немесе көлбеу қазба.*

**ӨТКЕРМЕЛЕ**[1]= ет. этн. *Өткерме байлау түрімен бекіту.*

**ӨТКЕРМЕЛЕ**[2] = ет. қолөнер. *Ары-бері өткізіп ілу арқылы тоқу.*

**ӨТКЕРМЕЛЕН**= ет. *Жалғану, өткізіліп бекітілу, ары-бері өткізілу.*

**ӨТКЕРМЕЛЕНУ** *Өткермелен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКЕРМЕЛЕУ** *Өткермеле етістігінің қимыл атауы; ары-бері өткізу. //* қолөнер. *Терме тоқудың әрі-бері өткізіп ілу арқылы ерекшеленетін түрі.*

**ӨТКЕРМЕЛІ** сын. *Өткермесі бар, баумен жалғанған.*

**ӨТКЕРУ** *Өткер етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКЕРУШІ** зат. *Өткізуші, басынан кешуші.*

**ӨТКЕРІЛ**= ет. *Өткізілу, атқарылу.*

**ӨТКЕРІЛУ** *Өткеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКЕРІС**= ет. *Атқарысу, өткізісу.*

**ӨТКЕРІСУ** *Өткеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКИІЗ** зат. этн. *Оттың орнын ойық етіп қалдырып, суық өтпеу үшін айнала төңірек жерге (бірінші қабатқа) жаюға арналған киіз.*

**ӨТКІЗ**= ет. **1.** *Бір нәрсенің бойынан, арасынан асып кіргізу, тесіп шығару.* **2.** *Бір бетінен екінші бетіне шығару, бір жағадан келесі жағаға.* **3.** экон. <лат. realis> *Мүлікті немесе бағалы қағаздарды ақшаға айналдыру – тауардың құнын толық төлеген сатып алушыға сату (табыстау).* **4.** физ. *Бойынан өзі арқылы еркін қозғалту, жіберу.* **5.** ауыс. *Атқару, өткеру.* **6.** ауыс. *Тапсыру, табыстау.* **7.** ауыс. *Сату.* **8.** ауыс. *Сайлату, тағайындату.* **9.** ауыс. *Жүргізу, жүзеге асыру.* **10.** ауыс. *Өмір сүру, күн кешу.* **11.** ауыс. *Артта қалдыру.*

**Өткізіп алды.** *Асқындырып алды, уақыты өтіп кетті, асқынып кетті.*

**ӨТКІЗГІШ** зат. физ. *Өзінің бойына электр тогын, жылылықты өткізетін дене, материал, зат. // Өз бойынан өткізе алатын қабілеті бар.*

**Өткізгіш құбыр.** тех. *Дала жағдайында жанармай жеткізетін техникалық құралдар кешені.* **Өткізгіш ұлпалар**. бот. <лат. texius condustorii> *Өсімдіктің барлық мүшелеріне қоректік заттар жеткізетін жасушалар тобы.*

**ӨТКІЗГІШТІК** зат. *Токты, жарықты, жылуды өткізетін қасиет.*

**ӨТКІЗДІР**= ет. **1.** *Тапсырту, табыс еттіру.* **2.** ауыс. *Атқарту, жасату.*

**ӨТКІЗДІРТ**= ет. *Жасаттыру, жүргіздіру.*

**ӨТКІЗДІРТУ** *Өткіздірт етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІЗДІРУ** *Өткіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІЗУ** *Өткіз етістігінің қимыл атауы.*

**Өткізу жолағы**. инф. <ағыл. bandwidth> *Байланыс арнасы тасымалдай алатын сигнал жиіліктерінің ауқымы.* **Өткізу кооперативі.** *Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алып, сақтау, өткізу мақсатымен жарнамалау үшін құрылған ұйым.* **Өткізу осі.** әск. *Өткізу байланыстарын ұйымдастыру тәсілі.* **Өткізу тәртібі**. әск. *Күзетілетін аймаққа (әскери бөлімге, мекемеге, орынға, жабық түрдегі кәсіпорынға, т.б.) кіру мен шығудың, түрлі заттарды (жүктерді) кіргізу мен шығарудың, жеке құрам мен келушілердің күзетілетін аймақта болуының тәртібін анықтайтын, міндетті түрде орындалатын ережелер жүйесі.*

**ӨТКІЗУ-ТЕКСЕРУ: өткізу-тексеру пункті.** әск. *Шекарадағы аудандарды, адамдарды, тауарларды өткізу тәртібін реттеп, тексеріп отыратын пункт.*

**ӨТКІЗУШІ** зат. **1.** *Сатушы, сатып алуға табыстаушы.* **2.** *Атқарушы, жүзеге асырушы.*

**ӨТКІЗІЛ**= ет. **1.** *Жүргізілу, ашылу, ұйымдастырылу.* **2.** *Сатылу, ақшаға берілу.* **3.** *Тапсырылу, жіберілу.*

**Өткізілген өнім**. экон. а) *Дайындалған, жөнелтілген және тұтынушы, өткізуші немесе сауда жасаушы ұйым (делдал) ақысын төлеген өнім.* ә) *Өнеркәсіп орындарының сыртқа шығарылған және оған тапсырыс беруші немесе өткізу ұйымдары ақы төлеген өнімі.*

**ӨТКІЗІЛУ** *Өткізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІЗІМ** зат. экон. *Өнім (тауар) өткізуді (сатуды), қызмет көрсетуді және оны меншіктену құқығын дайындаушыдан (сатушыдан) тұтынушыға (сатып алушыға) табыстауды қамтамасыз ету қызметі.*

**ӨТКІЗІМДІЛІК** сын. **1.** физ. *Өткізгіштік, қабылдағыштық.* **2.** экон. *Бір нәрсенің оңай сатылуы немесе сатып алынуы мүмкіндігінің көрсеткіші.*

**ӨТКІЗІС**= ет. **1.** *Бір жерден екінші жерге жеткізісу, апарысу.* **2.** ауыс. *Атқарысу.* **3.** ауыс. *Ұйымдастырысу, жүргізісу.*

**ӨТКІЗІСУ** *Өткізіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІЛІК** зат. сөйл. ***Өткелек.***

**ӨТКІН** сын. *Шебер, ісмер.*

**ӨТКІН: өткін жел**. *Өңменнен өтетін, ызғарлы жел.*

**ӨТКІНШЕК** сын. сөйл. ***Өткінші.***

**ӨТКІНШЕКТІК** зат. *Тез өтетіндік, уақытшалық.*

**ӨТКІНШІ** сын. **1.** *Бірден жауып, бірден басылатын (жаңбыр).* **2.** *Олай-бұлай жүретін, ары-бері өтіп бара жатқан.* **3.** *Қысқа, болар-болмас.* **4.** *Тұрақсыз, алдамшы.*

**Өткінші жаңбыр.** *Аспан ала бұлттанып келіп, тез өтетін жауын.* **Өткінші өмір**. поэт. *Жалған дүние, осы дүние.*

**ӨТКІНШІДЕЙ** сын. **1.** *Өткінші тәрізді, тез өтетін, өте шығатын.* **2.** ауыс. *Қысқа, келте.*

**ӨТКІНШІЛІК** зат. *Тез арада өтетіндік, қысқа мерзімділік, уақытшалық.*

**ӨТКІР** сын. **1.** *Қайралып жүзі өткірленген, тез кесетін.* **2.** ауыс. *Батыл, пысық, өжет (адам).* **3.** ауыс. *Бар шындықты бүкпесіз, батыра айтатын, қатал, шыншыл.* **4.** ауыс. *Денеден бірден өтіп кететін, қатты (ыстық немесе суық).*

**Өткір әзіл.** бейн. *Кемшілікті дөп басып, шындықты жасырмай күлдіргі түрде жеткізетін астарлы сөз.* **Өткір бу.** тех. *Технологиялық мақсаттар үшін өндірістік аппараттарға буқазаннан жіберілетін бу.* **Өткір жүрек.** *Алғыр, батыл, өжет.* **Өткір көз.** *Отты, қырағы көз.* **Өткір өлең.** *Шыншыл өлең.* **Өткір радиация.** физ. *Ядролық жарылыс кезінде таралатын радиоактивті сәулелер (гамма-сәулелер мен нейтрондар), ядролық жарылыс кезінде пайда болып, лезде жан-жаққа таралатын, көзге көрінбейтін және адамдар сезінбейтін сәуле ағыны.* **Өткір сөз.** *Тілі мірдің оғындай, бетің бар, жүзің бар демей, тура сөйлейтін.* **Өткір тіл.** *Өте батыл айтылған, орып түсетін сөз.* **Өткір тілді.** *Беті-жүзіне қарамай өжет сөйлейтін, сөзі өткір.*

**ӨТКІРЛЕ**= ет. **1.** *Құрал-саймандарды жүзін қайраққа, шарыққа салып қайрау, өткір ету.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені құлпырту, әсерлі, өтімді ету.*

**ӨТКІРЛЕН**= ет. **1.** *Жүзі қайралу, өткір етілу.* **2.** ауыс. *Әсері күшею.* **3.** ауыс. *Құлпыру, күшіне ену, сәніне ену т.б.*

**ӨТКІРЛЕНДІР**= ет. *Өткір еттіру.*

**ӨТКІРЛЕНДІРУ** *Өткірлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІРЛЕНУ** *Өткірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІРЛЕТ**= ет. **1.** *Қайрату, өткір ету.* **2.** ауыс. *Ұштай түсірту, әсерлендіре түсірту; батылдандыру.*

**ӨТКІРЛЕТУ** *Өткірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІРЛЕУ**[1] сын. **1.** *Өткірірек, өтімі жақсырақ.* **2.** ауыс. *Қаттырақ, күштірек (ыстық, суық т.б.).* **3.** ауыс. *Әсерлірек, нақыштырақ.*

**ӨТКІРЛЕУ**[2] *Өткірле етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТКІРЛІК** зат. **1.** *Өтімділік, кесіп түсушілік.* **2.** ауыс. *Батылдық, өжеттілік, алғырлық.*

**ӨТКІСІЗ: арасынан қыл өткісіз.** *Тату-тәтті, ынтымақты.*

**ӨТКІШТІК** зат. *Өту қасиетіне ие, өтіп кететіндік, өткізгіштік.*

**ӨТМЕК** зат. сөйл. ***Өтпек.***

**ӨТМІШ** сын. ескі кіт. *Өтіп жатқаны, өтуі жөнінде, өту барысы туралы.*

**ӨТПЕ** зат. әск. *Әртүрлі ұрыс әрекеттері түрлеріндегі міндеттерді атқару кезінде өз әскерлерін өткізуге арналған орындар.*

**Өтпелер жасау**. әск. *Әртүрлі ұрыс әрекеттері түрлеріндегі міндеттерді атқару кезінде өз әскерлерін өткізуге арналған орындарды тазарту.* **Өтпе сәуле.** физ. *Көзге көрінетін спектрдегі сәулелерге қарағанда толқын ұзындығы артық болатын алыс қашықтықтағы сәуле.*

**ӨТПЕЖЕЛ** зат. *Еркін қозғалыстағы жел, желорай.*

**ӨТПЕК** зат. *Тар кезең, қиын, ауыр жағдай.*

**ӨТПЕЛІ** сын. **1.** *Бірінен біріне өтуге болатын, ауыспалы.* **2.** ауыс. *Тез ұмыт болатын, өткінші.* **3.** *Өткінші, тұрақты емес, тұрақтамайтын.*

**Өтпелі батпақтар.** сушар. *Өсімдік жамылғысына және оларды қоректендіретін сулардың минералдылығына қарағанда ойпаңдық және беткейлік батпақтардың екі ортасындағы аралық сипатқа ие батпақ түрі.* **Өтпелі белдем**. экол. <лат. margo – шет, zone – белдем> *Табиғат жүйелері тұрақсыз күйде болатын ландшафт белдемдерінің арасындағы шегаралық жолақ.* **Өтпелі дәуір**. тар. *Қоғамның бір құрылыстан екінші құрылысқа аяқ басқандағы аралық кезеңі, жаңа қатынастардың толық орнықпай, ескі қатынастардың бұзылған шағындағы ауыр ауыспалы кезең.* **Өтпелі кезең**. а) психол. *Адам өмірінің жасөспірім шақтан бозбала, бойжеткен шаққа өтуі, балалықтан ересек өмірге аяқ басқан аралығы.* ә) экон. *Экономикалық жүйенің түбегейлі реформаларына байланысты ел экономикасы жаңа, сапалық өзге күйге көшетін уақыт кезеңі.* **Өтпелі қисық сызық.** физ. *Топырақтың кеуектілік көрсеткіші мен топырақ сығылуы кезінде оның бір жаққа ұлғаюын болдырмайтын қысымның арасындағы байланыс.* **Өтпелі турнир.** спорт. *Төменгі топтан жоғары топқа өту үшін іріктеу ойындары.*

**ӨТПЕЛІЛІК** зат. *Бірінен біріне өтуге болатындық, ауыспалылық; тұрақсыздық.*

**ӨТТЕЙ** сын. **1.** *Өт тәрізді, өт сияқты.* **2.** ауыс. *Сары, ащы зәрдей, запырандай.*

**Өттей өш.** бейн. *Қатты өш, кектесулі.*

**ӨТТЕН**= ет. *Сарғыштау, сарғыш түске ену.*

**ӨТТЕНУ** *Өттен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТТІ** сын. **1.** *Құрамында өті бар.* **2.** ауыс. *Ащы, қышқыл.*

**Өтті саңырауқұлақ.** өс. *Қылқанды орманда өсетін ақ саңырауқұлаққа ұқсас, басының төменгі жағы алқызыл-қоңыр немесе қызыл қоңыр түсті, жұмсағы сынғанда тез қызғылт тартатын саңырауқұлақтың түрі.*

**ӨТТІК** зат. *Ащы зәр, қыжыл, ащу.*

**ӨТТІ-КЕТТІ** сын. **1.** *Өтпелі, өткінші.* **2.** *Өтіп кеткен.* **3.** *Аласы-бересі, қарызы.* **4.** *Болары болды, бояуы сіңген.* **5.** *Артта қалған, естелікке айналған, тарих боп қалған.*

**ӨТУ** *Өт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жағадан екінші жағаға шығу.* **2.** *Жүру, жүзеге асу.* **3.** *Жылжу, уақыттың ауысуы.* **4.** *Бір жерден екінші жерге жету, қозғалу.* **5.** әск. *Сарбаздардың, жеке топтардың немесе жаяу әскер (мотожаяу әскер), әскери десант немесе аэромобильді әскерлердің қарсыластың орналасқан жеріне жасырын енуден тұратын әскерлердің іс-әрекет тәсілі.* **6.** ауыс. *Мүшелікке алыну.*

**Өту коэффициенті.** физ. *Сынған және түскен толқындар интенсивтілігінің қатынасы.*

**ӨТІ** зат. *Желдің, дауылдың, суықтың т.б. кәрі, олар ең ызбарлы болатын, өңменнен өтетін тұс, жер.*

**ӨТІЛ**[1] зат. *Өтініш, тілек, талап.*

**Өтіл қылды.** *Рұқсат сұрады, өтінді.* **Өтіл салды**. *Қолқа салды, тілек білдірді.*

**ӨТІЛ**[2] зат. **1.** *Зат, дүние.* **2.** ауыс. *Көмек, қолдау, жәрдем.*

**Өтілі өтті**. *Біреуге жақсылығы өтті, қызметі сіңді.*

**ӨТІЛ**[3] зат. *Азаматтың белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеген жылдарының жалпы саны, еңбек еткен мерзімі.*

**ӨТІЛ**[1]= ет. *Өтіну, тілек ету.*

**ӨТІЛ**[2]= ет. *Өткізілу, жүргізілу.*

**ӨТІЛУ**[1] *Өтіл*[1] *етістігінің қимыл атауы; өтіну, сұрау.*

**ӨТІЛУ**[2] *Өтіл*[2] *етістігінің қимыл атауы; өткізілу, жүргізілу.*

**ӨТІМ** зат. **1.** *Бір нәрсенің өтуі, сатылу қарқыны; өтімділік.* **2.** ауыс. *Әсер, күш, ықпал.* **3.** ауыс. *Әйел, күйеу ретінде ұнаушылық, әйелдікке, күйеулікке баланушылық.*

**Өтімі жоқ.** а) *Беделі жүре бермейтін, сөзі өтпейтін.* ә) *Құнсыз, арзан (зат туралы).*

**ӨТІМДІ** сын. **1.** *Қолдан-қолға тез өтетін; базарлы, сатылымы жоғары.* **2.** *Өту қабілеті жоғары, кез келген жерден жүріп кете алатын.* **3.** ауыс. *Әсерлі, күшті, ықпалды, беделді.* **4.** ауыс. *Жылпос, жылмақай.* **5.** ауыс. *Жұғымды, тіл табысқыш, еті тірі.*

**Өтімді активтер**. қаржы. *Оңай өткізілетін қаражат – мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздар.* **Өтімді коэффициент.** экон. *Несие алушының қысқа мерзімде төлей алатындығын көрсететін міндеттеме.* **Өтімді қаражат**. қаржы. *Борышқорлық міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға болатын ақшалай қаражат пен басқа да активтер.* **Өтімді сөз**. *Ықпал, әсері күшті, беделді сөз.*

**ӨТІМДІК** зат. сөйл. жерг. **1.** *Өтімділік.* **2.** ауыс. *Өткірлік, шиырақтық, еті тірілік.*

**ӨТІМДІЛЕУ** сын. **1.** *Сөзі өткірірек, айтқанын істете алатындай (адам).* **2.** *Жоғары бағамен сатылатын нарықтылау, құндылау.*

**ӨТІМДІЛІК** зат. **1.** *Жұмсалған шығынның (қаражат, т.б.) ақталу, қайта өндірілу жайы.* **2.** экон. <лат. liguidus> *Материалдық құндылықтарды өткізудің, сатудың, қолма-қол ақшаға айналдырудың оңайлығы; субъектінің өз активтерін қолма-қол ақшаға айналдыру және борышқорлық міндеттемелерін орындау қабілеті (төлем төлеуге қабілеттілік).* **3.** хим. *Жартылай өтімді жарғақтың бөлінетін қоспа құрауыштарын өзінен өткізу қасиеті.* **4.** әск. *Жергілікті жердің өтімділігі – әскерлердің жылжуы үшін оның қолайлылық дәрежесі.* **5.** *Ұрыстық және көліктік мәшинелерінің түрлі жол жағдайларында және жолсызда ілгерілеу мүмкіндігі.* **6.** ауыс. *Қадірлілік, қасиеттілік.*

**Өтімділік коэффициенті**. қаржы. *Қарыз алушының қысқа мерзімді міндеттемелерді төлеу қабілетін көрсететін коэффициент.*

**ӨТІМДІРЕК** сын. **1.** *Өтімділеу.* **2.** ауыс. *Беделдірек, құрметтірек.* **3.** ауыс. *Тартымдырақ, ұнамдырақ.*

**ӨТІМПАЗ** сын. *Өтуге бейім, өткіш.*

**ӨТІМСІЗ**[1] зат. экон. **1.** *Ағымдағы борыштары мен міндеттемелерін төлеуге қаражаты жетпейтін фирма.* **2.** *Нақты ақшаға еркін айырбасталмайтын бағалы қағаздар.* **3.** *Белсенді түрде сауда жасауға келмейтін, залал шекпей, бірден сатыла қоймайтын акциялар, облигациялар.* **4.** *Белсенді нарығы жоқ, сату үшін біраз уақыт қажет етілетін активтер.*

**ӨТІМСІЗ**[2] сын. **1.** *Өтімі нашар, өтпейтін.* **2.** ауыс. *Құлақ аспайтын, көңілге қонбайтын (сөз).*

**Өтімсіз заттар**. экон. *Өндірісте пайдаланылмайтын тауар-материалдық құндылықтар және айналым құралдары айналымдылығының нормативтік мерзімі бойынша өткізілмеген дайын өнім.*

**ӨТІМСІЗДІК** зат. **1.** экон. *Өтпейтіндік, өтімі нашар.* **2.** *Міндеттемені уақытында орындауға мүмкіндіктің жоқтығы.* **3.** ауыс. *Жақпайтындық, ұнамайтындық.*

**ӨТІМТАЛ** сын. сөйл. **1.** *Өтімпаз.* **2.** ауыс. *Жылпос.*

**ӨТІМ-ТЕСІК** сын. *Шұрқ-тесік, сау тамтығы жоқ, өне бойының бәрі тесік-тесік.*

**ӨТІН**= ет. **1.** *Қиылып сұрау, тілек білдіру.* **2.** *Жалынып-жалпаю, жалбарыну.*

**ӨТІНДІР**= ет. *Сұрату, жалындыру.*

**ӨТІНДІРУ** *Өтіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТІНУ** *Өтін етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТІНУШІ** зат. *Бір нәрсені қолқалаушы, қалаушы адам.*

**ӨТІНІМ** зат. ресми. *Белгілі бір тауарды алуға, қызметтің көрсетілуіне жазбаша түрде рәсімделген ниет.*

**ӨТІНІС**= ет. *Жалбарынысу, жалынысу, бірге сұрасу.*

**ӨТІНІСУ** *Өтініс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТІНІШ** зат. **1.** *Арыз, тілек, қалау, сұрау.* **2.** ресми. *Ресми қатынаста бір жақтың немесе тараптың екінші жаққа жазбаша түрде рәсімдеп білдірген сұрауы, арыз-талабы.*

**ӨТІНІШ-МІНДЕТТЕМЕ** зат. экон. *Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен ұйымдардың банктері жай несие шоттары бойынша да, арнаулы несие шоттары бойынша да несие беру кезінде пайдаланатын құжат.*

**ӨТІНІШ-СЕНІМХАТ** зат. ресми. *Сенімхат негізінде акцияларды ұстаушыларға компания беретін ақпарат.*

**ӨТІНІШТІ** сын. *Өтінген, жалынышты.*

**ӨТІҢКІРЕ**= ет. *Сәл ілгері озу; аздап өту.*

**ӨТІҢКІРЕУ** *Өтіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨТІРІК** сын. **1.** *Шындыққа қарама-қарсы, шын емес, жалған; рас емес.* // *Жалған сөз, жалғандық, өтірік айтушылық.* **2.** психол. *Шын мәніндегі жағдайды әдейі бұрмалауға саятын қарым-қатынас феномені.* // *Әдейі, сынау үшін, алдарқатып.*

**Өтірігі қиыспады.** *Өтірікті келістіре алмады, сендіре алмады.* **Өтірігі шықты**. *Алдағаны белгілі болды, жалған сөзі әшкереленді.* **Өтірік айтса [болса], жаны шықсын**. қарғ. *Алдаса, жалған айтса, сеспей қатсын деп қарғанып-сілену.* **Өтірік айтты.** *Алдады, жалған сөйледі.* **Өтірік айту.** *Жалған, бұрмаланған, жала сөз айту, өтірікшілік.* **Өтірік ат**. *Лақап ат, бүркеншік ат.* **Өтірік емес [бірі өтірік емес]**. *Рас айтам, еш алдауым жоқ деп сендіру мәніндегі сөзқолданыс.* **Өтірікке жүйрік**. *Өтірікші, суайт, шіміріқпестен өтірік айтып үйренген.* **Өтірік жылады.** *Өтірік бейшара болды, жасандылық көрсетті, жыланды.* **Өтірікке сүттей ұйыды.** *Жалған сөзге бас шұлғи сенді, ұйіріліп түсті.* **Өтірікке шығарды.** *Жоққа шығарды, терістеді.* **Өтірік қосты**. *Жалған сөз араластырды.* **Өтірік өлең**. әдеб. *Қазақ халқының тұрмыс салтына байланысты күлкілі сюжетке құрылған, сатиралық өлең.* **Өтірік өлу.** зоол. <грек. tanatos> *Өз тіршілігін қауіп-қатерден сақтау үшін жануарлардың мінез-құлқында байқалатын қорғаныш реакциясы.* **Өтірік өрге баспас.** *Өтірік бәрібір әшкереленеді, тез ашылады.* **Өтірікпен ауыздандырған.** *Жалған айту бойына туа сіңген.* **Өтірік пен өсекті жүндей сабады**. *Жалған сөзді қарша боратты, біреуді ғайбаттады.* **Өтірік соқты**. *Өтірік айтты, жалған сөйледі.* **Өтірік сөз жанға байлау болмайды.** *Жалған айту абырой әпермейді.* **Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.** *Жалған ұзаққа бармайды, қанша тігісін жатқызса да, арты тез ашылады.* **Өтірікті судай сапырды [сықпыртты].** *Жалған сөзді неше саққа жүгіртіп айтты, өтірік соқты.* **Өтірікті шындай [шын] қылды**. *Өтірік сөзді шын қылып айтты, көзбен көргендей баяндады.* **Өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай қылды.** *Жалған сөзге сендірді, иландырды, жалған әңгімені судай сапырды.*

**ӨТІРІК-ӨСЕК** зат. *Жалған, ғайып сөз, бос сөз, жала.*

**ӨТІРІКСІЗ** сын. *Жалғаны жоқ, бүкпесіз, қоспасыз.*

**ӨТІРІКТЕУ** сын. *Аздаған өтірігі бар, жалғандау.*

**ӨТІРІКТІК** зат. *Өтірік болушылық, жалғандық.*

**ӨТІРІК-ШЫНДЫҚ** сын. *Өтірігі бар, шыны бар.*

**ӨТІРІКШІ** зат. **1.** *Ылғи өтірік айтатын адам; суайт.* **2.** *Уәде мырза, қолынан келмесе де уәде беретін, сөзінде тұрмайтын адам.*

**ӨТІРІКШІЛІК** зат. *Алдауға бейімділік, өтірік айтушылық, уәдешілдік, сөзінде тұрмаушылық сияқты жағымсыз мінез сипаты.*

**ӨТІС** зат. *Алым-берім, ауыс-түйіс.*

**ӨТІС**= ет. **1.** *Шығысу, аяқтап болысу.* **2.** *Жылжысу, ауысу, артта қалысу.*

**ӨТІСУ** *Өтіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШ** сын. **1.** *Араз, қас, жау.* **2.** ауыс. *Бір затқа әуес, құмар, ынтық.*

**Өш алды.** *Кек алды, өшін жібермеді, есесін қайырды.* **Өш болды**. *Жауықты, қастасты, өштесті.* **Өш иттер.** *Бір-бірін көргенде үре жөнеліп, ырылдасып, абаласа кететін бір-біріне қас иттер.* **Өші бар**. *Кегі бар, есесі қайтпаған.* **Өші қалды [кетті]**. *Есесі қайтпады, кегін ала алмады.* **Өшін қайтарды.** *Кеткен есесін, кегін алды.*

**ӨШ**= ет. **1.** *Жануын тоқтату, сөну.* **2.** *Бір заттың бетіндегі жазуы, бояуы кету, жоғалу, жойылу.* **3.** ауыс. *Салы суға кету, үміті үзілу.* **4.** ауыс. *Жойылу, жоқ болу, ұмытылу.* **5.** ауыс. *Құру, кему, солу.*

**Өшкен шырағы қайта жанды.** а) *Түтіні қайта түтеді, отбасы мүшелері қайтадан табысты, ұрпақ көрді.* ә) *Көзі қайтадан көретін болды.* **Өшпейтін із қалдырды**. *Аты мәңгілік даңққа бөленді.*

**ӨШПЕНДІ** сын. *Дұшпан, қас, жау.* // *Жауласқан адам, дұшпан.*

**ӨШПЕНДІК** зат. сөйл. ***Өшпенділік.***

**ӨШПЕНДІЛІК** зат. *Дұшпандық, қастық, көреалмаушылық.*

**ӨШПЕС** сын. *Естен, ойдан кетпес, ұмытылмас, жойылмас, мәңгі.*

**ӨШТЕН=** ет. сөйл. ***Кектену.***

**ӨШТЕНУ** *Өштен етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШТЕС=** ет. *Қастасу, араздасу, жауласу, бір-бірімен дұшпан болу.*

**ӨШТЕСТІР=** ет. *Қастастыру, жауластыру.*

**ӨШТЕСТІРУ** *Өштестір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШТЕСТІРУШІ** зат. *Жауластырушы, қастастырушы.*

**ӨШТЕСУ** *Өштес етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШТІ** сын. сөйл. ***Өш.***

**Өшті болды**. *Өш болды, жауықты, қастасты.*

**ӨШТІК** зат. *Өшігушілік, қастық.*

**ӨШУ** *Өш етістігінің қимыл атауы.*

**Өшу коэффициенті.** физ. *Тербелістің өшу жылдамдығын сипаттайтын шама.*

**ӨШІГУ** *Өшік етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІГУЛІ** сын. *Кек сақтаған, өшіккен күйде.*

**ӨШІГУШІ** зат. *Өшіккен, өшігіп жүрген, қастандық жасаушы адам.*

**ӨШІГІҢКІРЕ=** ет. *Аздап қас болу, өштесіңкіреу.*

**ӨШІГІҢКІРЕУ** *Өшігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІГІС=** ет. *Бір-бірімен қастасу, жауласу.*

**ӨШІГІСУ** *Өшігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІК=** ет. *Егесу, ерегісу, қастасу, жауласу.*

**ӨШІКТІР=** ет. *Кектендіру, жауластыру, егестіру.*

**ӨШІКТІРУ** *Өшіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІКТІРУШІ** зат. *Қастастырушы, жауластырушы.*

**ӨШІҢКІРЕ=** ет. *Өше бастау, көмескілене түсу.*

**ӨШІҢКІРЕУ** *Өшіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІР=** ет. **1.** *Жанған отты, шамды, өртті сөндіру, бір нәрсенің жануын басу.* **2.** *Бір нәрсені сүртіп, қырып кетіру.* **3.** ауыс. *Дауысын басу, сөйлетпей қою.* **4.** ауыс. *Жою, ұмыттыру, жоғалту.*

**Өшір үніңді!** *Даусыңды шығарушы болма, сөйлеме!*

**ӨШІРГІШ**[1] зат. *Қате жазылған әріптерді, дұрыс сызылмаған сызықтарды өшіруге арналған резеңке құрал; резеңке.*

**ӨШІРГІШ**[2] зат. тех. *Дыбыстұншықтырғыш, мотордың сөндіргіші.*

**ӨШІРЕТ** [ор. очередь] зат. *Кезек.*

**ӨШІРТ=** ет. **1.** *Сөндірту.* **2.** *Кетірту, сүрттіріп жойғызу.*

**ӨШІРТКІЗ=** ет. *Сөндірткізу, жандыртпау.*

**ӨШІРТКІЗУ** *Өшірткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ӨШІРТУ** *Өшірт етістігінің қимыл атауы; жойғызу.*

**ӨШІРУ** *Өшір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сөндіру.* **2.** ауыс. *Солғызу, жойғызу.*

**ӨШІРУШІ** зат. *Бір нәрсені құртушы, жоюшы, жоқ етуші.*

**ӨШІРІЛ=** ет. **1.** *Сөндірілу.* **2.** *Кетірілу, сүртілу, жойылу.*

**ӨШІРІЛУ** *Өшіріл етістігінің қимыл атауы; жойылу.*

**ӨШІРІС=** ет. *Сөндірісу.*

**ӨШІРІСУ** *Өшіріс етістігінің қимыл атауы.*

# П

**П 1.** *Қазақ әліпбиінің 22-ші әрпі және сол әріптің жазылу таңбасы.* **2.** *Қазақ тіліндегі қатаң, шұғыл, қос еріндік дауыссыз дыбыс.*

**ПА**[1] шыл. *Өзі тіркесетін негізгі сөзге сұраулық мағына үстейтін ба, бе, ма, ме сұраулық демеулік шылауларының қатаң, жуан варианты.*

**ПА**[2] од. *Адамның көңіл-күйін, сүйініשін, таңдануын, таңырқау сезімін білдіретін ишарат сөз.*

**ПАБЛИСИТИ** [ағыл. publisity] зат. экон. **1.** *Фирманың жағымды, жағымсыз жағынан танымалдығы, мәлімділігі.* **2.** *Жарнама немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы тұтынушыларға ықпал жасау.*

**ПАВАНА** зат. өнер. *Баяу орындалатын, салтанатты бидің түрі.*

**ПАВИАН** [нем. Pavian] зат. зоол. *Негізінде Африканы мекендейтін тұмсығы ұзын, денесі ірі маймыл.*

**ПАВИЛЬОН** [лат. papilio] зат. **1.** *Бақша арасына, болмаса аула ішіне салынған, төбесі жабық шағын ғана сәнді үй; саябақ.* **2.** *Кино түсіруге, көрмелерде экспонаттар қоюға арналған кең, жарық үйлер; ғимараттар.*

**ПАВЛОВ: Павлов итмұрыны.** өс. <лат. rosa pavlovii>. *Раушангүл тұқымдасына жататын, майда жемісі бар, өте сирек кездесетін өсімдік.*

**ПАВЛОНИЯ** [лат. paulownia] зат. өс. *Сабынкөктер тұқымдасына жататын, күлгін-қызғылт түсті гүл жаратын ағаш.*

**ПАГОН** зат. сөйл. *Әскери киімнің иығына тағылатын әскери шендердің айырым белгісі.*

**ПАҒАЛ** зат. кәс. *Мақтаның сыртқы қабығы, қауашағы.*

**ПАҒАН** ир. = ет. ескікіт. *Зарлау, айғайлау; қасірет шегу.*

**ПАҒПҰР** зат. көне. этн. *Көне дәуірлерден Қытайда жасалған әдемі ыдыс.*

**ПАҒПҰРШЫН** зат. ескікіт. *Фарфор.*

**ПАДА** [ир. پاده] зат. көне. жерг. ***Бада.***

**ПАДАР** [ир. پدر]: **падарыңа нәлет.** жерг. *Атаңа нәлет деген мағынадағы қарғыс мәнді сөз.*

**ПАДАШЫ** зат. көне. жерг. ***Бадашы.***

**ПАДИША** [ир. پادشاه] зат. ескі кіт. **1.** көне. *Ерте замандардағы шығыс елдеріндегі билеуші үстем тап өкілдерінің ең жоғары атағы; патша.* // *Артық, ерекше.* **2.** ауыс. *Төре, сұлтан.* **3.** ауыс. *Алла тағала.*

**ПАДИШАЛЫҚ** сын. *Падишаға тән, падишаға қатысты.*

**ПАДИШАХ** зат. ескікіт. *Патша.*

**ПАДИШАҺ** зат. ескікіт. ***Падиша.***

**ПАДЫСАЛЫҚ** зат. ескікіт. ***Патшалық.***

**ПАДОСКЕ** зат. жерг. *Белағаштың астынан салынатын темір.*

**ПАЕК**[1] зат. тар. *Бір күнге арнап, тиісті мөлшерде берілетін азық-түлік.*

**ПАЕК**[2] зат. көне. *Белгілеп, өлшеп берген жер, шағын аумақ.*

**ПАЖЫРА** сын. *Пасық, өресі тар деген мағынада.*

**ПАЗИГРАФИЯ** [грек. pas – барлық, grapho – жазамын] зат. лингв. *Жалпыға түсінікті жазу, ойдың көптеген халықтарға түсінікті таңбалармен берілуі.*

**ПАЗЫЛ** [ар. فضل] зат. көне. *Ерекше бедел, қадір-қасиет.*

**ПАЙ**[1] ор. зат. *Мүдделі ортақ іске мүше боп кіргендердің өз тараптарынан беретін, төлейтін үлесі, жарнасы.*

**ПАЙ**[2] зат. сөйл. ***Пайы.***

**ПАЙ**[3] ир. зат. ескікіт. *Аяқ.*

**ПАЙАМ** ир. зат. ескікіт. *Хабар, жаңалық; жолдау.*

**ПАЙҒАМБАР** [ир. پيغمبر] – зат. діни. **1.** *Қауымға Алла ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен бірлігін мойындауға шақырушы елші.* **2.** *Мұхаммед пайғамбар* **3.** ауыс. *Білгір, әулие.* **4.** ауыс. *Ұлы, данышпан, ғұлама.* **5.** ауыс. *Сиынатын, табынатын ерекше зат, тұлға.*

**Пайғамбардың жасына келген.** *Жасы алпыс үштен асқан, қариялық, ақсақалдық жасқа келген.* **Пайғамбардың жолындамыз.** діни. *Пайғамбар ұстаған дін жолында, мұсылманшылық шарттарын бұзбай, дін үйреткен жөнмен жүру.* **Пайғамбардың үмбеті.** діни. *Пайғамбар жолын қуушы, мұсылман.* **Пайғамбарларға иман келтіру.** діни. *Ислам діні бойынша, адам баласына тура жол көрсетіп, ізгілікке шақыру үшін Алла тағала жер бетіне жіберген пайғамбарларға сенуді білдіретін иманның негізгі шарттарының бірі.*

**ПАЙҒАМБАРДАЙ** сын. *Пайғамбар сияқты, пайғамбар тәрізді.*

**ПАЙҒАМБАРЛЫҚ** сын. *Пайғамбарға тән, пайғамбар болушылық.*

**ПАЙДА** [ар. فائدة] зат. **1.** экон. *Өндіріс, ауылшаруашылық өнімдерінен, саудадан түсетін мол табыс, таза кіріс; түсім.* **2.** *Адамға тиімді, жағымды іс-әрекет.* **3.** *Жәрдем, көмек, сеп.* **4.** *Жеке басының қамы үшін қажетті нәрсе, іс-әрекет.*

**Пайда берді.** *Тиімді нәтиже берді, жәрдемін тигізді.* **Пайда бермеді.** *Жөнді нәтиже шықпады, жәрдемі тимеді.* **Пайда беру**. *Табыс көзі болу.* **Пайда болды**. а) *Жаңадан шықты, бұрын жоқ нәрсе көрінді.* ә) *Себі тиді, қажетке жарады.* б) *Тап болды, кезікті, көрініс берді.* **Пайдаға асты.** *Қажетке жарады, іске татыды, керегіне пайдаланылды.* **Пайдаға асырды**. *Пайда қылды, қажетіне жаратты.* **Пайдаға келтірді.** *Қажетке жаратты.* **Пайдаға жаратты.** *Керегіне пайдаланды.* **Пайдаға шаш етектен батты.** *Олжаға кенелді, қарық болды.* **Пайда жоқ.** *Босқа әуре боласың, ештеңе шықпайды деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Пайда келтірді.** *Пайдасын тигізді, сеп болды.* **Пайда көрді [тапты].** *Олжа тапты, табысқа қарық болды, нәтижесін көрді.* **Пайда қылды [етті].** а) *Олжа етті, тиімді болуын көздеді, үнем етті.* ә) *Құп көрді, жаратты.* **Пайда ойлады**. *Белгілі бір әрекеттен жеке басына қажетті пайда әкелетін жағын іздеді.* **Пайдасын тигізді**. *Қолынан келген жәрдемін берді.* **Пайдасы өз басынан артылмаған.** *Қара басының қамын күйттеген, қайырымсыз.* **Пайдасы тиді.** *Жақсылығы тиді, себі болды.* **Пайдасы шамалы**. *Пайдасы жоқ, болар-болмас.* **Пайда тапты**. а) *Кіріс кіргізді, табыс тапты.* ә) *Арам ниетіне пайдаланды.* **Пайда түсті.** *Кіріс кірді, табыс тапты.* **Пайда іздеді.** *Еңбек етті, пайда қылды.*

**ПАЙДА-ЗАЛАЛ** зат. *Тигізер ықпал, зияны, келіп-кетері.*

**ПАЙДАКЕР** сын. *Ебін тауып пайда түсіргіш, пайда тапқыш.*

**ПАЙДАКЕРЛІК** зат. *Пайда табушылық, олжаға кенелушілік.*

**ПАЙДАКЕШ** сын. *Пайдақұмар, пайдакүнем.*

**ПАЙДАКӨСТІК** зат. *Пайдакүнемдік, пайдақұмарлық.*

**ПАЙДАКҮНЕМ** сын. *Оңай олжа, тегін пайда табуды мақсат ететін пайдақұмар.*

**ПАЙДАКҮНЕМДІК** зат. *Болмашы нәрсені пайда көрушілік, олжа етушілік, пайдақұмарлық.*

**ПАЙДА КҮНЕМДІЛІК** зат. сөйл. ***Пайдакүнемдік.***

**ПАЙДАҚОР** сын. **1.** *Жоқ жерден пайда табуды мақсат ететін пайдақұмар.* // *Пайдақор адам.* **2.** жаңа. *Сауда-саттық жасап, пайда түсіруші саудагер.*

**ПАЙДАҚОРЛЫҚ** зат. *Пайдакүнемдік, пайдақұмарлық.*

**ПАЙДАҚҰМАР** сын. *Пайдакеш, пайдакүнем кісі.*

**ПАЙДАЛАН=** ет. **1.** *Пайдаға, іске асыру, керегіне, қажетіне жарату.* **2.** *Тұтыну, жұмсау.* **3.** ауыс. *Біреудің еңбегін жеу, біреудің арқасында күн көру.*

**ПАЙДАЛАНДЫР=** ет. *Пайдаға асырту, керегіне жараттыру.*

**ПАЙДАЛАНДЫРУ** *Пайдаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЙДАЛАНУ** *Пайдалан етістігінің қимыл атауы.*

**Пайдалану ұңғымасы**. кен. *Сұйық (мұнай, минералды суларды) және газ тәрізді кендерді өндіру үшін қолданылатын ұңғыма.*

**ПАЙДАЛАНУСЫЗ** сын. **1.** *Жұмсалыссыз, пайдаға аспай, қолданыссыз.* **2.** *Пайдаға асыруға жарамсыз, қажетсіз.*

**ПАЙДАЛАНУШЫ** зат. *Белгілі бір затты пайдаға асырушы, керегіне, қажетіне жаратушы.*

**ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір затты пайдаға асырушылық, қажетке жаратушылық.* **2.** *Жеке басының қамына, өз дегеніне жүргізушілік.*

**ПАЙДАЛАНЫЛ=** ет. *Қажетіне, керегіне жұмсалыну, адам игілігі үшін қолданылу.*

**ПАЙДАЛАНЫЛУ** *Пайдаланыл етістігінің қимыл атауы; қажетіне, керегіне жұмсалыну.*

**ПАЙДАЛЫ** сын. **1**. *Пайдасы мол, жақсылығын тигізетін.* **2.** *Қажетті, керекті.*

**Пайдалы қазбалар.** геол. *Жер қыртысында органикалық немесе органик жолдармен жасалған және материалдық өндіріс саласында ұтымды пайдаланылатын минералдық түзілімдер, шикізаттар.* **Пайдалы қазбалар.** кен. *Жер қойнауындағы байлық; кен, руда.*

**ПАЙДАЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір іске тікелей пайдасы барлық, қажеттілік.* **2.** *Тиімділік, қолайлылық, нәтижелілік.*

**ПАЙДАЛЫРАҚ** сын. **1.** *Пайдасы көбірек, қажеттірек.* **2.** *Әлдеқайда тиімдірек, қолайлырақ.*

**ПАЙДА-ПАҚЫРШЫЛЫҚ**. зат. *Күн көру қамы, әрекеті.*

**ПАЙДАСЫЗ** сын. **1.** *Ешқандай пайдасы жоқ; керексіз, түкке қажеті жоқ.* **2.** *Нәтижесіз, сәтсіз, тиімсіз.*

**ПАЙДАСЫЗДЫҚ** зат. *Ешқандай пайдасы жоқтық, керексіздік, қажеті жоқтық.*

**Пайдасыз өндіріс.** экон. *Бәсекеге төтеп бере алмайтын, мемлекет тарапынан көмек болмаса, таратылу қатері төнген компания немесе тұтас сала.*

**ПАЙДАСЫМАҚ** зат. мысқыл. *Пайдаға ұқсас, болмашы пайда.*

**ПАЙДАШЕРІК** зат. көне. *Ортақ істен, шаруадан түскен пайдадан белгілі мөлшерде үлес алатын мүдделес адамдар.*

**ПАЙДАШЫ** зат. *Біреудің жұмысын істеп пайда табушы, табыскер.*

**ПАЙДАШЫЛ** сын. *Пайдақор, пайдакүнем, пайда ойлағыш.*

**ПАЙДАШЫЛДЫҚ** зат. *Болмашы нәрсені пайда көрушілік.*

**ПАЙЗА** [ир. پایزه] зат. тар. *Құқықтық күші бар, кісінің аты-жөні жазылған темір, күміс пластинка.*

**ПАЙКАБАЛЫҚ** зат. зоол. *Албырттар туысына жататын көл, өзен балықтарының бір түрі.*

**ПАЙЛА[1]=** ет. жерг. *Белгілі бір бағытты бетке алу, нысанаға ұстау.*

**ПАЙЛА[2]=** ет. ескікіт. *Байқау, сезу, білу, аңғару.*

**ПАЙЛАҚШЫ** зат. жерг. ***Тыңшы.***

**ПАЙЛАУ[1]** *Пайла етістігінің қимыл атауы; бетке алу.*

**ПАЙЛАУ[2]** *Пайла етістігінің қимыл атауы; байқау, сезу.*

**ПАЙМАЛ** ир.сын. ескікіт. **1.** *Тапталған, басылған, жаншылған.* **2.** *Жойылған, қырылған.*

**Паймал қылу.** ескікіт. *Аяғының астына таптау.*

**ПАЙМАН** ир. зат. ескікіт. *Келісім, шарт; ымыра.*

**ПАЙМАНА** [ир. پیمانه ] зат. жерг. *Өмір, тіршілік.*

**Пайманасы толды.** сөйл. *Мейманасы асты, тасыды.*

**ПАЙ-ПАЙ** од. *Әлдебір нәрсеге таңырқап таңданғанда, болмаса сүйсініп сүйінгенде көңіл-күйді білдіретін ишарат сөз.*

**ПАЙПАҚТЫ** зат. сөйл. ***Байпақты.***

**ПАЙТАҚ** [ир. پایتخت ] зат. тар. *Ежелгі шығыс халықтарының астанасы, орталық.*

**ПАЙШЕРІК** зат. көне. *Көмекші, жалшы, қызметші.*

**ПАЙШЫ** зат. *Тұтынушылар одағының мүшесі, жарнашы, жарна төлеуші.*

**ПАЙЫ** зат. *Тығыз жібектен жатық боялған, кең көлденең ұсақ жолдардан тұратын жібек мата.*

**ПАЙЫЗ** [ар. فیض]зат. экон. жаңа. <лат. procentum> *Бүтін ретінде алынған өлшемнің жүз бөлігі, процент.*

**ПАЙЫЗ: пайыз тапты**. сөйл. ***Байыз тапты*** *(тағат етті, сабырлылық жасады).*

**ПАЙЫЗДЫ** сын. *Пайызы бар, үстемесі бар.*

**Пайызды қарыз.** *Капиталының шамасынан есептелген пайыз мөлшерінде табыс төленетін қарыз.*

**ПАЙЫЗДЫҚ** зат. жаңа. *Еселік, проценттік.*

**Пайыздық ақша салымы**. қаржы. *Салымшыға оның талап етуі бойынша төлеу шартымен ішкі қаржы және еурорыноктағы банкке ақша салу.* **Пайыздық арбитраж**. қаржы. *Түрлі валюталар бойынша пайыздық мөлшерлемедегі айырма есебінен пайда алу мақсатымен жасалатын мәміле.* **Пайыздық мөлшерлеме**. экон. *Несие немесе қарыз капиталын пайдалану үшін төленетін төлемақының пайыздық көрсеткіші.* **Пайыздық өтеу**. экон. *Қарызгердің басталған төлем бойынша пайыз сомасын қолда бар қаржы ресурстарынан төлеуге қабілеттілігі.* **Пайыздық саясат**. экон. *Ресми (есеп) пайыздық мөлшерлемесін өзгерту арқылы несие ресурстарының бағасын мемлекеттің реттеуі.*

**ПАЙЫЗСЫЗ** сын. *Пайыз алынбайтын, үстемесіз.*

**Пайызсыз қарыз.** *Облигация иелеріне жыл сайынғы пайыздар төленбейтін қарыз.*

**ПАЙЫЗТОРҒАЙ** зат. зоол. <лат. Carduelis> *Дене тұрқы 13–16 см, салмағы 16–22 г. таушымшық тұқымдас торғайлардың бір түрі.*

**ПАЙЫМ** [ар. فهم] зат. **1.** *Адамның ой-өрісіне тән ұғым-түсінік, бір нәрсенің жөн-жобасы.* **2.** психол. *Адам санасындағы ойлау процесінің тұжырымнан кейінгі нәтижесі.*

**Пайым қылды.** *Пайымдады, парықтады, аңғарды.* **Пайымы аз [аздау].** *Аңғарымы жоқ, түйсігі аз, парықсыз.* **Пайымына бару**. *Зерделеу, ақылға салу, тереңнен ойлау.*

**ПАЙЫМДА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің жайын ой елегінен өткізіп байқау, бағдарлау.* **2.** *Аңғару, көз жеткізу.*

**ПАЙЫМДАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш; танығыш.*

**ПАЙЫМДАЛ=** ет. *Байыпталу, ой елегіне салыну, бағдарлану.*

**ПАЙЫМДАЛУ** *Пайымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЙЫМДАС=** ет. *Солай деп шешісу, ойласу.*

**ПАЙЫМДАСУ** *Пайымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЙЫМДАТ=** ет. *Аңғарту, мойындату, байыптату.*

**ПАЙЫМДАТУ** *Пайымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЙЫМДАТТЫР=** ет. *Аңғарттыру, байыптаттыру, ой елегінен өткіздіру.*

**ПАЙЫМДАТТЫРУ** *Пайымдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЙЫМДАУ[1]** зат. **1.** *Белгілі бір нәрсе жайлы келелі пікір, тиісті түйін, қорытынды.* **2.** психол. *Ойланудың алғашқы шартынан оның тұжырымына өту жолы, ой тұжырымдаудың бір түрі.*

**ПАЙЫМДАУ[2]** *Пайымда етістігінің қимыл атауы; аңғару, бірдеңенің мән-жайын түсіну.*

**ПАЙЫМДЫ** сын. *Тез ұққыш, байыпты, тыңғылықты, тиянақты, .*

**ПАЙЫМДЫЛЫҚ** зат. *Адам мінез-құлқына тән байыптылық, тиянақтылық, орнықтылық.*

**ПАЙЫМСЫЗ** сын. *Байлам-байыбы, жөн-жобасы жоқ, берекесіз.*

**ПАЙЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Берекесіздік, байыпсыздық, орнықсыздық.*

**ПАЙЫМШЫЛ** сын. *Бір нәрсеге мән беріп пайымдағыш, тез аңғарғыш.*

**ПАК**: **пак етті**. ескі кіт. *Таза ұстады, кірлетпеді.*

**ПАКЕТ** [фр. paquet] зат. **1.** *Сырты ораулы үлкенді-кішілі бума, түйіншек; әртүрлі тұрмыстық зат салатын полиэтилен қап.* **2.** *Маңызды мәселе бойынша ресмихат салынған аумағы әртүрлі конверт.* **3.** саяси-қоғ. *Белгілі бір қоғамдық, экономикалық маңызы бар шаруашылықты жоспарлаудың, оны жүзеге асыруда қарастырылған мәселелер жиынтығы.* **4.** *Құжат, ресми немесе бағалы қағаз жинақталымы.* **5.** экон. *Кеменің табанына жайғастырылған жүктер бумасы.*

**Пакет тақырыбы.** инф. <ағыл. batch header> *Пакеттің құрылымы жайлы мәліметтен тұратын оның бірінші элементі.*

**ПАКЕТТЕ=** ет. *Жазылған хатты, яки ресми хабарды пакетке салу, пакет ішіне салып бекіту.*

**ПАКЕТТЕУ** *Пакетте етістігінің қимыл атауы; пакетке салу, бекіту.*

**ПАКТ** [лат. pactum] зат. саяси. *Мемлекеттер арасында жасалатын өзара ынтымақтастық, сауда-саттық жайлы халықаралық келісім.*

**ПАҚЫР** [ар. فقیر ] зат. **1.** *Байлықтан, мал-мүліктен жұрдай, кедей, жарлы.* **2.** *Халі мүшкіл байқұс, мүсәпір, сорлы, бейшара, ғаріп.* **3.** ауыс. экспр. *Көке; пенде.*

**ПАҚЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Байлыққа, мал-мүлікке зәрулік, жоқшылық, тақыр кедейлік.* **2.** *Халі мүшкілдік, мүсәпірлік, бейшаралық, сорлылық.* **3.** ауыс. *Пенделік, пендешілік.*

**ПАҚЫР-МАЛАЙ** зат. көне. *Құл, малай.*

**ПАҚЫР-МІСКІН** зат. көне. *Бейшара-байқұс, мүсәпір.*

**ПАҚЫРСЫН=** ет. *Пендешілік жасау, мүсәпірсіну.*

**ПАҚЫРСЫНУ** *Пақырсын етістігінің қимыл атауы.*

**ПАҚЫРШЫЛЫҚ** з а т. **1.** *Мал-дүниеге таршылық, кедейшілік, жоқшылық, бейшаралық.* **2.** *Зәрушілік, мұқтаждылық, қажеттілік.* **3.** а у ы с. *Пенделік, пендешілік.*

**ПАЛ**[1] з а т. к ө н е. *Астық бастыратын құрал.*

**ПАЛ**[2] [ир. پال] з а т. ж е р г. к ә с. **1.** *Бақшаның ішіндегі суаруға ыңғайлап бөлген жер.* **2.** *Мақта, қызылша т.б. егілген жүйек, жол, атыз.*

**ПАЛ**[3] з а т. с ә у л е т. *Шлюздің бас бөлігінің жақтары бойынша орнатылатын, шлюзға кіргенде не одан шыққанда кемелерді бағыттауға және кеменің бастырма энергиясын бәсеңдетуге арналған шарбақ құрылымдар, қадалар шоғы және т.б. немесе шомбал темірбетон қабырға түріндегі ғимарат.*

**ПАЛ: пал аштырды.** *Балгерге барып, болашағын болжатты.*

**Пал қылды.** е с к і к і т. а) *Бал ашты, балшыға барды.* ә) *Қиялдады, армандады.*

**ПАЛАНД** ир. с ы н. е с к і к і т. *Биік, жоғары.*

**ПАЛАС**[1] [ир. پلاس] з а т. *Еденге төсейтін алуан түсті қалың төсеніш.*

**ПАЛАС**[2] з а т. е с к і к і т. **1.** *Жоқшылық, кедейлік, жоқтық.* **2.** *Мұқтаждық, қажеттілік.*

**ПАЛАС**[3] с ы н. *Нашар, ескі, тозығы жеткен.*

**ПАЛАТ** з а т. ө с. ж е р г. *Сортаң жерге шығатын, ұзындығы 30–40 см., түсі көкшіл келген шөп.*

**ПАЛАТА**[1] [грек. palation] з а т. *Ауруханалар мен емдеу орындарындағы аурулар жататын арнаулы бөлме.*

**ПАЛАТА**[2] з а т. с а я с и. **1.** *Парламент құрамына енетін жоғарғы мемлекеттік заң орындары.* **2.** *Ұйым, мекемелердің атауы.*

**ПАЛАТАЛАС** с ы н. *Палатасы қатар, бір.*

**ПАЛАТАЛИЗАЦИЯ** [лат. palatum] з а т. л и н г в. *Сөйлеу үстінде тілдің орта тұсының жоғары көтерілуі нәтижесінде дауыссыз дыбыстардың жіңішкеріп айтылуы.*

**ПАЛАТАЛЫ** с ы н. *Палатадан тұратын, палатасы бар.*

**ПАЛАТКА** з а т. *Қалың кенеп матадан жасалған, керіп тігіп қоятын шатыр.*

**ПАЛАУ** [ир. پلو] з а т. т а м а қ. *Ет, сәбіз, пияз т.б. салып, күріштен басқан, шығыс халықтарының аса дәмді тағамы.*

**ПАЛАУҚАБАҚ.** з а т. ж е р г. *Палауға қосу үшін егілетін асқабақ.*

**ПАЛБАСЫ** з а т. э т н. *Бал ашушыға берілетін ақы.*

**ПАЛЕО** [грек. palaios] *Күрделі сөздердің «ежелгі», «ежелгі замандардағы қатысты» деген мағына үстейтін алдыңғы құрам бөлігі.*

**ПАЛЕОАНТРОПОЛОГИЯ** [грек. palaios – ертедегі, antropos – адам, logos – ілім] з а т. а н т р. *Қазғанда табылған адам сүйектерінің физиологиялық типі мен эволюциясын зерттейтін антропология ғылымының бір саласы.*

**ПАЛЕОАНТРОПТАР** [грек. palaios – ертедегі, antropos – адам] з а т. а н т р. *Адамның тарихи даму кезеңдерінің барысында қаңқа қалдықтары табылған қазба адамдардың жиынтық атауы.*

**ПАЛЕОБОТАНИКА** [грек. palaios – ертедегі, botánē – шөп, өсімдік] з а т. б и о л. *Ботаниканың қазбадан табылған өсімдіктерді зерттейтін саласы.*

**ПАЛЕОВУЛКАНИЗМ** [грек. palaios – ертедегі, лат. vulcanus – от, жалын] з а т. г е о л. *Өткен геологиялық дәуірлердің жанартауларына тән әрекеттер.*

**ПАЛЕОВУЛКАНОЛОГИЯ** [грек. palaios – ертедегі, лат. vulcanus – от, жалын, logos – ілім] з а т. г е о л. *Өткен геологиялық дәуірлердің жанартау әрекеттерін зерттейтін вулканология саласы.*

**ПАЛЕОВУЛКАНОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Палеовулканологияға тән, палеовулканологияға қатысты.*

**Палеовулканологиялық зерттеулер.** г е о л. *Өткен геологиялық замандардағы жанартау әрекетінің палеогеографиялық жағдайын, жанартау аппараттары мен атқыламаларының түрлерін, жанартау әрекетіне байланысты басқа да мәселелерді жан-жақты зерттеу.*

**ПАЛЕОГЕН** [грек. palaios – ежелгі, genos – тегі, жасы] з а т. г е о л. *Кайнозой дәуірінің ең алғашқы кезеңі және осы кезеңде жаралған жыныстар қабатының жиынтығы.*

**Палеоген жүйесі**. *Кайнозой тобына қарасты үш бөлімге жіктелетін ең төменгі жүйе.* **Палеоген кезеңі**. тар. *Кайнозой эрасының ұзақтығы шамамен 10,4 млн жылмен өлшенетін ең алғашқы кезеңі.*

**ПАЛЕОГЕНДІ** с ы н. г е о л. *Палеогені бар, палеогенге негізделген.*

**Палеогенді жыныстар**. г е о л. *Бастапқы минералдық құрамы біршама өзгерген эффузиялық тау жыныстары.*

**ПАЛЕОГЕОБОТАНИКА** [грек. palaios – ертедегі, ge – жер, botánē – шөп, өсімдік] з а т. б и о л. *Өткен дәуірлердегі өсімдіктер жамылғысын зерттейтін палеоботаниканың бір бөлімі.*

**ПАЛЕОГЕОГРАФИЯ** [грек. palaios – ертедегі, ge – жер, grapho – жазамын] з а т. г е о л. *Жердің өткен геологиялық дәуірлердегі физикалық-географиялық жағдайларын зерттеумен айналысатын ғылым.*

**ПАЛЕОГЕОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Палеографияға қатысты, палеографияға тән.*

**Палеогеографиялық карта.** *Жердің өткен геологиялық замандардағы физикалық-географиялық жағдайлары мен келбетін бейнелейтін карталар.*

**ПАЛЕОГЕОМОРФОЛОГИЯ** з а т. г е о л. *Көне жербедерді, яғни оның морфологиясын, тегін, көнелігін, даму тарихы мен заңдылықтарын зерттейтін геоморфологияның палеогеографиямен байланысты бағыты.*

**ПАЛЕОГРАФ** з а т. *Палеография ғылымы бойынша жетік маман.*

**ПАЛЕОГРАФИЯ** [грек. palaios – көне, grapho – жазамын] з а т. л и н г в. *Көне жазба ескерткіштердің жазылған уақытын, орнын, кім жазғанын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ПАЛЕОГИДРОГЕОЛОГИЯ** з а т. *Көне гидрогеологиялық жағдайларды және олардың геологиялық уақыт барысындағы даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.*

**ПАЛЕОГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Палеогидрологияға тән, палеогидрологияға қатысты.*

**Палеогидрогеологиялық карта.** г е о л. *Өткен геологиялық дәуірлерде орын алған гидрогеологиялық жағдайларды көрсететін карта.*

**ПАЛЕОГЕОМОРФОЛОГИЯ** з а т. г е о л. *Көне жер бедерін, яғни морфологиясын, тегін, көнелігін, даму тарихы мен заңдылықтарын зерттейтін геоморфологияның палеогеографиямен байланысты бағыты.*

**ПАЛЕОГЛЯЦИОЛОГИЯ** [грек. palaios – ертедегі, лат. glacies – мұз, грек. logos – ілім] з а т. г е о л. *Өткен геологиялық дәуірлердегі табиғи мұздарды және Жердегі қазіргі мұзқұрсанудың туындауы мен даму тарихын зерттейтін гляциологияның бір тарауы.*

**ПАЛЕОЗОЙ** [грек. palaios – ежелгі, zoe – өмір] з а т. г е о л. *Жер тарихының төменнен санағанда кембрийге дейінгі кезеңнен кейінгі дәуірі және сол кезде жаралған тау жыныстардың жиынтығы.*

**Полеозой дәуірі.** *Жер дамуының фанерозой эонына қарасты, яғни криптозой эоны (кембрийге дейінгі зон) аяқталғаннан кейінгі алғашқы эрасы.* **Палеозой тобы**. *Жер қыртысына тән таужыныс қабаттарының фанерозой эонтемасына қарасты, яғни криптозой эонтемасынан (кембрийге дейінгі эонтемадан) есептегендегі алғашқы тобы.*

**ПАЛЕОЗОЙЛЫҚ** с ы н. *Палеозой дәуіріне тән, соған қатысты.*

**ПАЛЕОЗООЛОГИЯ** з а т. з о о л. *Геологиялық өткен дәуірлерде тіршілік етіп, өліп біткен қазба жануарлардың құрылысын, таралуын, өзара және осы кездегі жануарлармен туыстық қатынасын зерттейтін ғылым; палеонтология мен зоология саласы.*

**ПАЛЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. з о о л. *Палеозоологияға тән, палеозоологияға қатысты.*

**ПАЛЕОКЛИМАТОЛОГИЯ** [грек. palaios – ежелгі, klimatos – еңкіштік, logos – ілім] з а т. *Өткен геологиялық дәуірлерге тән Жер климаттарын зерттейтін ғылым саласы.*

**ПАЛЕОКЛИМАТТАР** з а т. *Өткен геологиялық дәуірлердің ауа райы.*

**ПАЛЕОЛИТ** [грек. palaios – ежелгі, lithos – тас] з а т. тар. *Ежелгі тас дәуірі.*

**ПАЛЕОЛИТТІК** с ы н. тар. *Палеолит дәуіріне қатысты, соған тән.*

**ПАЛЕОМАГНЕТИЗМ** [грек. palaios – ежелгі, magnetis – магнит] з а т. г е о л. *Тау жыныстардың өздерінің қалыптасу кезеңінде Жердің магниттік өрісінің әсерімен магниттелу және осы магниттелгендігін келесі дәуірлерле сақтау қасиеті.*

**ПАЛЕОМАГНИТОЛОГИЯ** [грек. palaios – ежелгі, magnetis – магнит, logos – ілім] з а т. г е о л. *Палеомагнетизмді зерттейтін ғылым саласы.*

**ПАЛЕОМАГНИТТІЛІК** з а т. ф и з. *Өткен геологиялық дәуірлердегі геомагниттік өрістің тау жыныстарында сақталуы.*

**ПАЛЕОНТОЛОГ** з а т. б и о л. *Палеонтология ғылымының маманы.*

**ПАЛЕОНТОЛОГИЯ** [грек. palaios – ежелгі, ontos – тірі ағза, logos – ілім] з а т. б и о л. *Жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлар және олардың тарихи даму заңдылықтары туралы ғылым.*

**ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Палеонтологияға тән, палеонтологияға қатысты.*

**Палеонтологиялық анықтама**. геол. *Қазба организмді не организмнің қазба қалдығын зерттеу арқылы палеонтологияға бұрыннан белгілі түрге жатқызу немесе мүлде жаңа түр ретінде даралау.*

**ПАЛЕОПСИХОЛОГИЯ** зат. психол. *Ерте дәуірлерде өткен деп болжанған үрдістерді зерттейтін психология ғылымының саласы.*

**ПАЛЕОЦЕН** зат. геол. *Палеоген жүйесінің төменгі бөлігі.*

**ПАЛЕЭКОЛОГИЯ** зат. археол. *Ертедегі жануарлардың сүйектерін қазып алу арқылы олардың тіршілік жағдайына сипаттама беруді мақсат ететін палеонтологиялық зерттеу бөлімі.*

**ПАЛИН** *«Қайтымды» немесе «қайталанатын» деген мағынаны білдіретін сөздің құрамды бөлігі.*

**ПАЛИНГЕНЕЗ** [грек. palin – қайтадан, genesis – жаралау] зат. геол. *Магмалық тау жыныстарының толық немесе бөлшектеніп қайта жаралу процесі.*

**ПАЛИНОЛОГИЯ** [грек. paline – жіңішке тозаң, logos – ілім] зат. биол. *Өсімдік тозаңы мен спорасын зерттейтін өсімдік морфологиясы мен эмбриологиясы ғылымының саласы.*

**ПАЛИНТОМИЯ** [грек. palin – жаңа, thomos – бөліну] зат. биол. *Жасушаның бірнеше рет өспей қалуы.*

**ПАЛИНФРАЗИЯ** зат. мед. *Сөйлегенде белгілі бір сөзді немесе сөйлемді (фразаны) жиі қайталау.*

**ПАЛИТРА** [франц. paletre] зат. **1.** *Тік бұрышты немесе доға пішіндегі, суретшінің сол қолының бас бармағына киетін тесігі бар жұқа тақташа.* **2.** *Белгілі бір суретшіге немесе картинаға тән бояу түрлерінің үйлесім табуы.* **3.** инф. *Дисплей экранында әртүрлі бейнелерді айқын көрсету мақсатында пайдаланылатын түстердің жалпы саны.* **4.** әдеб. *Ақын-жазушылардың мәнерлі, көркем стилі; шеберлік бейнесі.*

**ПАЛЛАДИЙ** зат. хим. **1.** *Химиялық элемент, платиналық металдар тобының элементі, рет нөмірі 46.* **2.** *Платиналық металдардың ішіндегі ең жеңіл, жалтыраурық әрі жұмсақ металл.*

**ПАЛЛАДИЙЛЕ=** ет. хим. *Металл бұйымдарының тот баспауы үшін оның сыртына жылтыратып палладий жалату.*

**ПАЛЛАДИЙЛЕУ** *Палладийле етістігінің қимыл атауы.*

**ПАЛЛЕТ** зат. *Жүк тасуға арналған ыдыс.*

**ПАЛЛИАТИВ** зат. *Жартыкеш шара.*

**ПАЛТУСТАР** [лопар. paldes] зат. зоол. *Камбала тұқымдасына жататын, құнды, кәсіптік маңызы бар, төрт балық түрінің жалпы атауы.*

**ПАЛУАН** [ир. پهلوان] зат. сөйл. ***Балуан.***

**ПАЛУАНДАЙ** сын. сөйл. ***Балуандай.***

**ПАЛУАНДЫҚ** зат. сөйл. ***Балуандық.***

**ПАЛУАНСЫ=** ет. сөйл. *Палуан сезіну, палуан болғансу.*

**ПАЛУАНША** үст. сөйл. ***Балуанша;*** *палуан секілді, палуанға ұқсап.*

**ПАЛУБА** зат. **1.** *Кеме тұрқының өн бойын алып жататын көлбей жабын.* **2.** сәулет. *Биік ғимараттар салғанда айналдыра құрылған тақтайлар.*

**ПАЛУБАЛЫ** сын. *Палубасы бар.*

**ПАЛУБАЛЫҚ** сын. *Палубаға тән, палубаға қатысты.*

**Палубалық авиация**. әск. *Әскери-теңіз флоты авиациясы.*

**ПАЛШЫ** зат. сөйл. ***Балшы*** *(құмалақ ашушы, құмалақ салушы).*

**ПАЛЬМА** зат. өс. *Тропиктік жерлерде өсетін биіктігі 60 м-дей дара жарнақты өсімдіктердің бір тұқымдасы, мәңгі жасыл ағаш.*

**ПАЛЬПА** [лат. palpus] зат. биол. *Көпқылтанды буылтық құрттардың сипап сезу мүшесі.*

**ПАЛЬТО** зат. ***Пәлте*** *(етегі тізеден келетін не тізеден төмен түсіп тұратын мақта не жүн матадан тігілген сырткиім).*

**ПАЛЬТОЛЫ** сын. ***Пәлтелі*** *(пальто киген, үстінде пальтосы бар).*

**ПАЛЬТОЛЫҚ** зат. ***Пәлтелік*** *(пальто шығарлық, пальто боларлық).*

**ПАМДАТ** зат. *Таң атып келе жатқан, күн шыға қоймаған кез.*

**Памдат намазы.** діни. *Таң намазы.*

**ПАМИЛНАЙ** [ор. фамильный] зат. *Атақты, белгілі.*

**ПАМПА** зат. геол. *Оңтүстік Американың өсімдіктер өсетін жазық бөлігінің жалпы аты.*

**ПАМПАС** зат. геогр. *Оңтүстік Американың сары топырақты жазықтарында орналасқан субтропиктік далалы жер.*

**ПАМФЛЕТ** [ағыл. pamphlet] зат. әдеб. *Мінеп-сынап, әшкерелеп жазылған, көбіне саяси бағытқа негізделген, өткір де уытты сатиралық мақала.*

**ПАМФЛЕТШІ** зат. әдеб. *Памфлет жазумен шұғылданушы, памфлет жазуға төселген суреткер.*

**ПАН** зат. *Ескі Польшадағы ірі жер иелері, помещик.*

**ПАНА** [ир. پناه] зат. **1.** *Баспана, қора, ықтасын жер, пана боларлық барлық жай.* **2.** *Біреуге істелген қорғаныш, сая.* **3.** әск. *Жабық типті таса.* **4.** ауыс. *Сүйеніш, тірек.*

**Пана қылды [тапты].** *Арқа сүйеу етті, қорғаныш тапты.* **Панасы болды**. *Пайдасы тиді, қамқорлыққа алды, жәрдем көрсетті.* **Панасы тиді.** *Жәрдем берді, көмектесті.*

**ПАНАЖАЙ** зат. *Уақытша баспана.*

**ПАНАЙ** зат. сөйл. *Маң, маңай, төңірек.*

**ПАНАЙЫ** ир. зат. ескі кіт. *Панайым, панасы.*

**ПАНАЙЫМ** зат. ескі кіт. *Жақтау, сүйеу, пана, қалқа болу.*

**ПАНАЛА=** ет. **1.** *Баспана ету, ықтасын қылу.* **2.** *Бассауғалау, тасалау, тығылу.* **3.** ауыс. *Біреуді қорғаныш ету, тірек қылу.*

**ПАНАЛАС=** ет. *Бассауғаласу, тығылысу, саяласу.*

**ПАНАЛАСУ** *Паналас етістігінің қимыл атауы.*

**ПАНАЛАТ=** ет. **1.** *Ықтасындату, саялату.* **2.** *Бассауғалату.* **3.** ауыс. *Қамқор болу, сүйеніш болу.*

**ПАНАЛАТТЫР=** ет. *Саялаттыру, пана еттіру, бассауғалаттыру.*

**ПАНАЛАТТЫРУ=** ет. *Паналаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПАНАЛАТУ** *Паналат етістігінің қимыл атауы; бассауғалату.*

**ПАНАЛАУ¹** сын. *Тасалау, саялау.*

**ПАНАЛАУ²** *Панала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пана ету.* **2.** *Бассауғалау, тығылу, тасалану.* **3.** ауыс. *Біреуді сүйеу қылу, қорғаныш ету, тірек қылу.*

**Паналау ғимараттары**. әск. *Адамдарды жаппай қырып-жоятын қарулардың барлық түрлерінен сақтау үшін ағаштан, бетоннан, темір бетоннан немесе тастан арнайы салынған инженерлік құрылыс.* **Паналау камерасы**. әск. *Жерасты апаты болған жағдайда адамдардың тығылуына арналған оқшауланған жерасты орны.*

**ПАНАЛЫ** сын. *Ығы, тасасы бар; саялы.*

**ПАНАЛЫҚ** зат. **1.** *Пана боларлық, саясы, көлеңкесі мол.* **2.** ауыс. *Қорғаныш, тірек боларлық.*

**ПАНАМА** зат. *Жазда ыстыққа киетін, жалпақ жиекті, көбіне ақ матадан тігілетін жеңіл қалпақ.*

**ПАНАР** [ор. фонарь] зат. *Түнде жарық беретін қолға ұстап жүретін шам.*

**ПАНАСЫЗ** сын. **1.** *Баспанасы жоқ, үйсіз.* **2.** ауыс. *Қамқоршысы, әке-шешесі жоқ, қорғанышсыз, тірексіз.*

**ПАНАСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Баспанасы жоқтық, үйсіздік, ықтасын қорасы жоқтық.* **2.** ауыс. *Қорғансыздық, қамқорсыздық, тірегі, сүйенері жоқтық.*

**ПАНАҺ** ир. зат. ескі кіт. ***Пана.***

**ПАНАШЫ** зат. *Біреудің жағдайын ойлайтын, қамын жейтін қамқоршы кісі.*

**ПАНАШЫЛ** сын. *Біреуге жақсылық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл.*

**ПАНБАРҚЫТ** зат. *Жібек жіп араластырып, әртүрлі гүл төгіп тоқылған биязы барқыт.*

**ПАНГЕА** зат. геол. *Палеозойда және мезозойдың басында қазіргі құрлықтардың бәрін біріктірген жорамал суперконтинет.*

**ПАНДА** зат. зоол. <лат. Ailuropoda> **1.** *Аю тұқымдасына жататын сүтқоректі.* **2.** *Жанат тұқымдасына жататын, Гималай тау қыраттарында мекендейтін сүтқоректі жануар.*

**ПАНДАТ** зат. діни. сөйл. *Таң намазы.*

**ПАНДНАМА** зат. көне. *Хандарға, ел басқаратын сұлтандарға арналған насихат кітабы.*

**ПАНДЫҚ** зат. *Панға тән іс-әрекет, қылық.*

**ПАНДУС** зат. құрыл. *Ғимаратқа кірер жердегі, адамдар, автомобильдер кіруге болатын жазық көлбеу алаң.*

**ПАНЕЛЬ** зат. **1.** *Үй жасауға қолайлы, дайын қалпында пайдаланылатын ірі плита.* **2.** *Ғимараттар, т.б. құрылыстар салуға арналған мөлшері үлкен, бірақ қалыңдығы өзге екі өлшемінен әлдеқайда кіші, жайпақ құрылыстық элемент.* **3.** *Көше шеттеріндегі, асфальт, тас, басқа материалдар төселген жаяу адамдар жүретін жер; жаяужол.* **4.** *Ғимараттың ішіндегі қабырғалардың материалдарымен қапталған немесе боялған төменгі жағы; қондырғының, мәшиненің, агрегаттың басқару және тексеру аспаптары орнатылған бөлігі.*

**ПАНЕЛЬДІ** сын. *Панельден салынған, панелі бар.*

**ПАНЕР** [ор. фанера] зат. *Қалыңдығы пышақтың қырынан да жұқа ағаш кесінділерін қабаттап желімдеген, қыртысы әртүрлі жұқа тақтайша.*

**ПАНЖА** ир. зат. ескі кіт. *Бес саусақ.*

**ПАНЖАРА** зат. *Панардың сыртындағы шынысы.*

**ПАНЗООТИЯ** зат. биол. *Жануарлардың індетті кеселінің өте кең таралуы, аурудың үлкен аймақта көбеюі.*

**ПАНИСЛАМИЗМ** зат. саяси. ***Исламшылдық*** *(XIX г. соңында ислам діні үстем болған елдерде мұсылман халықтарының ынтымақтастығы, мұсылман мемлекеттерінің бірлестігі идеясын негіздеген діни-саяси ағым).*

**ПАНИСЛАМИСТ** зат. саяси. ***Исламшыл*** *(исламшылдық (панисламизм) идеологиясын жақтаушы, уағыздаушы).*

**ПАНИСЛАМИСТІК** сын. *Панисламизмге қатысты, панисламизм мүддесін жақтайтын.*

**ПАНКРЕАТИН** зат. биол. *Ірі қара мен шошқаның ұйқы безінен алынатын препарат.*

**ПАНКРЕАТИТ** [грек. pancreas] зат. мед. *Ұйқы безінің қабынуы.*

**ПАНМИКСАЯ** зат. биол. *Айқас ұрықтанатын ағзалар популяциясындағы түрлі генотиптегі, әртүрлі жыныстағы даралардың еркін шағылысуы.*

**ПАННО** [франц. panneau, лат. pannis – мата кесіндісі] зат. өнер. **1.** *Үй қабырғасына не төбесіне әсемдеу, сәндеу, көрік енгізу мақсатымен сырлы бояу арқылы өрнектеп салынған бейнелер, суреттер.* **2.** *Сурет, өрнек салынған, кесте сызылған үлкен материал.*

**ПАНОПТИКУМ** зат. *Қызықты, көз тартарлық заттар және балауызды фигуралар көрсетілетін мұражай.*

**ПАНОРАМА** [грек. pan – бүкіл, horama – көрініс] зат. **1.** *Жоғары, биік жерден қарағанда төменде жатқан жердің жалпы көрінісі, аумағы.* **2.** әск. *Артиллериялық зеңбіректердің және дүркінді атыстың реактивтік құрылғыларының қазіргі заманғы көздеуіш жарақтарының зеңбіректік, дәлдеуші және бұрыш өлшеуіші оптикалық аспабы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің кесек тұлғасы, аумақты бейнесі мен көрінісі.*

**ПАНОРАМАЛА=** ет. *Түсіру тәсілі, камераны көлденең және тік бағыттарда бұрыла отырып көріністі түсіру.*

**ПАНОРАМАЛАУ** *Панорамала етістігінің қимыл атауы.*

**ПАНОРАМАЛЫҚ** сын. *Панорамаға тән, соған қатысты.*

**ПАНОФТАЛМИТ** зат. мед. *Көздің барлық қабатының қабынып іріңдеуі.*

**ПАНСАТ** зат. жерг. *Зор, дәу.*

**ПАНСИОН** зат. *Мемлекет қамқорлығына алынған, тегін тамақ, тегін киім беріп оқытатын жатақханасы бар арнаулы орын.*

**ПАНСИОНАТ** зат. *Емделуге немесе дем алуға келген адамдарды толық қамқорлығына алатын мемлекеттік санаторий, демалыс үйі.*

**ПАНСИОНДЫҚ** сын. *Пансионға тән, пансионға қатысты.*

**ПАНСЛАВИЗМ** зат. саяси. *XIX г. екінші жартысы мен XX г. басында орыс дворяндары мен буржуазиясы арасындағы ұлттық идеология, саяси ағым.*

**ПАНТЕИЗМ** [грек. pan – бәрі, tcheos – құдай] зат. филос. *Құдай мен әлем біртұтас деп танитын, құдіретті табиғатпен бірлікте қарастыратын философиялық бағыт.*

**ПАНТЕОН** [грек. pantheion] зат. діни. **1.** *Ежелгі Рим архитектурасындағы бүкіл құдайларға арналып жасалған ескерткіш; ғибадатхана.* **2.** *Ұлы адамдарға арналған сағана.*

**ПАНТОГРАФ** [грек. panta – бәрі, grapho – жазамын] зат. геогр. *Сызбалар мен жоспарларды, сондай-ақ карталарды кішірейтілген масштабпен қайта сызуға арналған құрал.*

**ПАНТОКРИН** зат. мед. *Марал, теңбіл бұғының қатаймаған мүйізінен дайындалатын дәрі.*

**ПАНТОМИМА** [грек. pantomimas] зат. өнер. *Дене қимылымен, ымдау белгісімен өнер көрсету сияқты сахналық өнердің бір түрі.*

**ПАНТОМИМИКА** зат. өнер. *Адамның ымдау, бас изеу, ишарат көрсету арқылы мәнерлі дене қозғалысы.*

**ПАНТОМИМИКАЛЫҚ** сын. *Адамның дене қимылы, ымдауы, ишарат білдіруі арқылы болатын, шебер қимылдайтын.*

**ПАНТОЦИД** зат. хим. *Құрамында 50 пайыз хлор бар, суда ерімейтін, бірақ сілтіде ерігіш ақ ұнтақ зат.*

**ПАНТЫ** зат. мед. *Қымбат бағалы дәрі жасау үшін дайындалатын марал мен теңбіл бұғының қатаймаған жас мүйізі.*

**ПАНТЮРКИЗМ** зат. саяси. ***Түрікшілдік*** *(Түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым).*

**ПАНТЮРКИСТ** зат. саяси. *Түрікшілдік идеясын жақтаушы, соны уағыздаушы.*

**ПАНФИЛОВШЫЛАР** зат. тар. совет. *Ұлы Отан соғысының батыры, генерал-майор И.В.Панфилов атындағы әскери дивизияның 28 батыр жауынгерлері.*

**ПАНҺАН** ир. сын. ескікіт. *Құпия, жасырын.*

**ПАҢ** сын. *Керім, кербез, тәкаппар, менмен.*

**Паң дүние [дүния].** *Үлкен, ырық бермес өмір.* **Паң кісі.** *Менмен, тәкаппар, көңілі ірі адам.*

**ПАҢБАРҚЫТ** зат. сөйл. ***Панбарқыт*** *(жібек жіп араластырып, әртүрлі гүл төгіп тоқылған жұмсақ барқыт).*

**ПАҢДАН=** ет. *Ерекше мінез көрсетіп тәкаппарлану, кербезделу, кердеңдеп менменсу.*

**ПАҢДАНУ** *Паңдан етістігінің қимыл атауы; кербезденү, менменсу.*

**ПАҢДАУ** сын. *Кербездеу, тәкаппарлау, менмендеу.*

**ПАҢДЫҚ** зат. *Кербездік, тәкаппарлық, менмендік.*

**ПАҢКЕЛЛЕ** сын. жерг. *Есуас, жынды.*

**ПАҢҚУ** *Паңқы етістігінің қимыл атауы.*

**ПАҢҚЫ=** ет. жерг. *Бір істі тындырып, көңілі шат болу, масаттану, мастану.*

**ПАҢСУ** *Паңсы етістігінің қимыл атауы; тәкаппарсыну, менменсу.*

**ПАҢСЫ=** ет. *Кербезсу, тәкаппарсыну, менменсу.*

**ПАҢСЫН=** ет. *Менменсу, кербезсіну, мастанысу.*

**ПАҢСЫНУ** *Паңсын етістігінің қимыл атауы; тәкаппарсыну, менменсіну.*

**ПАҢША** үст. *Тәкаппар, кербез адамша, паң адам тәрізді.*

**ПАҢШЫЛДЫҚ** зат. *Тәкаппарлық, кербездік, менмендік.*

**ПАОЛО** зат. *Италияның күміс шақасы.*

**ПАПА**[1] зат. діни. *Католик шіркеуіндегі ең жоғарғы дінбасы.*

**ПАПА**[2] зат. *Туған әке.*

**ПАПАВЕРИН** зат. хим. *Көкнәрден алынатын алкалоид, изохинолин туындысы.*

**ПАПАЖАН** зат. экспр. *Туған әкеге құрмет білдіре, еркелей айтылатын сөз.*

**ПАПАИН** зат. ботан. *Ақуыздардың, күрделі эфирлердің т.б. гидролизіне катализатор болатын өсімдік ферменті.*

**ПАПАҚ** зат. сөйл. ***Папаха.***

**ПАПАЛА=** ет. *Папа деп үсті-үстіне айту, папатайлау.*

**ПАПАЛАУ** *Папала етістігінің қимыл атауы.*

**ПАПАРАЦЦИ** [итал. paparazzi] зат. *Сенсациялық суреттер түсіру мақсатында атақты тұлғаның соңынан қалмайтын фотожурналист.*

**ПАПАХА** зат. *Елтіріден, сеңсеңнен жақтауын биіктеп, тікірейте тігілген баскиім.*

**ПАПАХАЛЫ** сын. *Папаха киген, басында папахасы бар.*

**ПАПЕТТО** зат. *Рим папасының күміс шақасы.*

**ПАПИРОЛОГИЯ** зат. *Грек, латын, кейінгі эллинизм, Рим, Византия уақытындағы бір қалыпқа түсірілген жазулар мен копт папирустарын, көзе табақтардағы, мумиялардың ағаш тақтайларындағы жазулар мен таңбаларды оқып, зерттейтін папирус зерттеу ғылымы, палеографияның бір тармағы.*

**ПАПИРОС** зат. *Ішіне темекі толтырылған қағаз түтікше.*

**ПАПИРУС** зат. бот. ***Құлән*** *(тропиктік Африкада өзен, көл жиегінде өсетін, сабағының ұзындығы 5 м-ге жететін көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ПАПЫРОС** зат. сөйл. ***Папирос.***

**ПАПКА** зат. **1.** *Қалың қатырма қағаздан немесе былғарыдан жасалатын, ісқағаздар салуға арналған қаптама қалта.* **2.** *Мекеме, ұйым кеңселерінің құжаттары тігілген қалың мұқаба.*

**ПАПКАЛЫ** сын. *Папкасы бар, папка ұстаған.*

**ПАПОВАВИРУСТАР** зат. биол. *Липопротеиті қабықшасы жоқ, құрамында ДНК бар сфералық вирустар тұқымдасы.*

**ПАПОРОТНИК** зат. өс. *Көп тілімді ірі жапырақты, жер бетінде тік не шырмауық түрінде өсетін споралы өсімдік.*

**ПАР**[1] зат. *Күздік, жаздық дәнді дақылдар егу үшін жыртылатын, ауыспалы егіс танабы.*

**ПАР**[2] сан. *Қос, жұп, екі.*

**ПАР**[3] үст. *Бір-біріне тең, сай.*

**Пар келді.** *Дәл түсті, тең болды, сай келді.* **Пар келмеді.** *Теңеспеді, сай келмеді, барабар болмады.*

**ПАРА**[1] зат. **1.** *Түркияның күміс шақасы.* **2.** *Югославияның күміс шақасы.*

**ПАРА**[2] [ир. پاره] зат. **1.** *Өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақы, ауызбастырық (ақша, қымбат зат).* **2.** қоғ.-әлеум. *Белгілі бір мәселе тиімді шешілу үшін лауазымды адамға берілген ақша, бағалы қағаз, басқа да мүлік немесе мүліктік құқық.*

**Пара алды.** *Қызмет дәрежесін пайдаланып, заңға қайшы әрекет жасау үшін немесе ақысыз еңбегіне ақшалай, заттай алым талап етті, алымға ие болды.* **Пара берді.** *Аузын алу үшін жасырын жолмен мол дүние, зат берді, аузына барын тығып, өз жағына қаратып алды.* **Пара**

**жеді.** *Жемқорлыққа салынды, қызмет дәрежесін пайдаланып, жұртты ырқына көндіріп ақшалай, заттай алым алды.* **Параны көздеді.** *Жемқорлықпен пайда табу жолына түсті.*

**ПАРА**[3] [ир. پاره] зат. көне. *Бір нәрсенің бөлшегі, бөлігі, тармағы.*

**Пара болды**. *Бөлшек-бөлшек болып сынды, быт-шыты шығып күйреді.*

**ПАРАБАЙ** ор. зат. *Жанама, қосымша жегілген ат.*

**ПАРАБЕЛЛУМ** [лат. parabellum] зат. әск. *Автомат-тапаншаның он екі атар түрі.*

**ПАРАБОЛА** [грек. parabolē] зат. матем. *Дөңгелек конустың кез келген жанама жазық-тығына параллель болатын жазықтықпен сол конустың қиылысатын сызығы.*

**ПАРАБОЛОИД** [грек. parabole – парабола, eidos – түр] зат. матем. *Орталығы жоқ тұйықталмаған екінші ретті бет.*

**ПАРАГВАЙЛЫҚТАР** зат. *Парагвайдың негізгі халқы.*

**ПАРАГЕНЕЗ** зат. геол. *Түзілу жағдайларының ортақтығымен байланысты минералдардың жер қыртысында бірлескен түрде болуы.*

**ПАРАГЕНЕРАЦИЯ** зат. геол. **1.** *Өзін құрайтын таужыныстардың түрлік ерекшеліктері және олар құрайтын тектес қабаттар мен қабатшалардың бір-бірімен арақатынасы тұрғысынан көршілес бірлестіктерден анық дараланатын геологиялық дене.* **2.** *Тектес таужыныстардың нақтылы түрлерін біріктіретін геологиялық дене.*

**ПАРАГНЕЙС** зат. геол. *Шөгінді тау жыныстарының (құмтастардың, алевролиттердің сазды тақтатастардың) қуатты метаморфизмге шалынуынан пайда болған метаморфтық тау жынысы.*

**ПАРАГРАФ** [грек. paragraphos] зат. *Кітап тарауы ішіндегі бөлімді, тақырыпты көрсететін таңба, белгі (§) және осы белгінің аты.*

**ПАРАД** зат. ***Шеру*** *(айтулы мерекелер мен мемлекеттік маңызы бар оқиғалар құрметіне өткізілетін әскерлердің, спортшылардың, сондай-ақ жалпы көпшіліктің саппен тізіліп өтетін салтанатты қатары).*

**ПАРАДИГМА** [грек. paradeigma – мысал, үлгі] зат. *Нақтылы ғылыми зерттеуді айқындайтын теориялық және әдіснамалық алғышарттар жиынтығы.*

**ПАРАДОКС** [грек. paradoxos] зат. **1.** *Әдеттен тыс, ойда жоқ ғажайып болып көрінетін оғаш пікір.* **2.** әдеб. *Өткір нақыл, ащы мысқыл үлгісінде айтылатын жанр.*

**ПАРАДТЫҚ** сын. *Парадқа лайықты, парадқа арналған.*

**ПАРАЗИТ** [грек. parasitos] зат. биол. **1.** *Басқа ағзаларда тіршілік етіп, соның қанының не шырынының есебінен қоректенетін, көбіне оған зиян келтіретін өсімдіктер мен жәндіктер, құрттар.* **2.** ауыс. *Басқа біреудің еңбегін қанаушы арамтамақ, жатыпішер.*

**ПАРАЗИТИЗМ** зат. **1.** биол. *Екі ағзаның қатар өмір сүру барысында, біреуінің екіншісін пайдаланып өсіп дамуы, қоректенуі.* **2.** ауыс. *Біреудің еңбегін қанау, басқаның еңбегі есебінен өмір сүрушілік, жатыпішерлік, арамтамақтық.*

**ПАРАЗИТОЛОГ** зат. биол. *Паразиттердің шығуын, пайда болуын және биологиялық үдерістерін зерттейтін ғалым.*

**ПАРАЗИТОЛОГИЯ** [грек. parasitos – арамтамақ, logos – ілім] зат. биол. *Биология ғылымының паразитизм құбылысын жан-жақты зерттейтін бір саласы.*

**ПАРАЗИТСІЗ** сын. *Паразиті жоқ, жұқпайтын.*

**ПАРАЗИТТІ** сын. *Паразиті мол, жұқпалы микробы, паразиті бар.*

**ПАРАЗИТТІК** зат. **1.** *Бір ағзаның екінші ағзаны жеп қоректенуі, соның пайдасынан тіршілік ету тәсілі.* **2.** ауыс. *Арамтамақтық, тоғышарлық, жатыпішерлік.*

**ПАРАИЗОМЕР** зат. хим. *Орынбасушылары параорында орналасқан екі орын басқан бензолдың изомері.*

**ПАРАҚ** [ар. ورق] зат. **1.** *Кітаптың, дәптердің ашылатын беті.* **2.** ауыс. *Белгілі бір оқиғаның, тарих желісінің беті, белгісі.*

**ПАРАҚОР** [ир. پاره‌خوار] сын. *Пара алғыш, парашыл, жемқор.*

**ПАРАҚОРЛЫҚ** зат. *Пара алғыштық, парашылдық, жемқорлық.*

**ПАРАҚОРШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Парақорлық***.

**ПАРАҚОТ** [ор. пароход] зат. *Бумен жүретін кеме.*

**ПАРАҚТА=** ет. **1.** *Кітаптың, дәптердің бетін, парақтарын ақтару, ашу, әрі-бері аударыстыру.* **2.** ауыс. *Өткенге зер салу, бағдарлау, қарау.*

**ПАРАҚТАЛ=** ет. *Кітаптың не дәптер бетінің ашылуы, аударылыстырылуы.*

**ПАРАҚТАЛУ** *Парақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАҚТАУ** *Парақта етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАҚТЫҚ** сын. *Бір парақ, бір бет боларлық.*

**ПАРАЛА**[1]**=** ет. *Пара беріп аузын алу, алдын ала жасырын ақша не зат беру.*

**ПАРАЛА**[2]**=** ет. **1.** *Пара-парасын шығарып жырту, талқандау.* **2.** ауыс. *Бетін жұлып жылау.* **3.** ауыс. *Жүрегін жаралау, өзегін өртеу.*

**ПАРАЛАН**[1]= ет. *Параға ауыздықталу, пара алу.*

**ПАРАЛАН**[2]= ет. **1.** *Пара-парасы шығып жыртылу.* **2.** ауыс. *Жүрегі жаралану, көкірегі қарс айрылу.*

**ПАРАЛАНУ**[1] *Паралан*[1] *етістігінің қимыл атауы; параға ауыздықталу.*

**ПАРАЛАНУ**[2] *Паралан*[2] *етістігінің қимыл атауы; жыртылу, дал-дал болу.*

**ПАРАЛАУ**[1] *Парала*[1] *етістігінің қимыл атауы; пара беру.*

**ПАРАЛАУ**[2] *Парала*[2] *етістігінің қимыл атауы; жырту, пара-парасын шығару.*

**ПАРАЛИНГВИСТИКА** [грек. para – маңы, франц. linguistigue – тіл] зат. лингв. *Тілдік емес амалдардың (бет, жүз құбылысы, жест, мимика, дауыс қаттылығы) сөйлеу кезіндегі қызметін зерттейтін саласы.*

**ПАРАЛИЧ** [грек. paralysis] зат. мед. ***Сал*** *(жүйке жүйесінің зақымдану салдарынан дененің бір жері немесе бір жақ жартысы жансызданып қалатын ауру).*

**ПАРАЛЛЕЛИЗМ** [грек. parallēlismos] зат. әдеб. *Екі құбылысты қаз-қатар алып, салғастыра суреттейтін поэтикалық тілдің тәсілі.*

**ПАРАЛЛЕЛЕПИПЕД** [грек. parallēlepipedon, parallelos – параллель, epipedon – жазықтық] зат. геом. *Қарама-қарсы жақтары өзара қос-қостан параллель тіктөртбұрыш болатын призма тікбұрыш.*

**ПАРАЛЛЕЛОГРАММ** [грек. parallēlogrammon – параллель, gramma сызық] зат. геом. *Қабырғалары қос-қостан өзара параллель болатын төртбұрыш.*

**ПАРАЛЛЕЛЬ** [грек. parallēlos] зат. **1.** матем. *Қатарынан жарыстыра сызылған қос сызық.* **2.** геогр. *Жер шары картасында экватормен қатарластыра сызылған сызықтар.* // *Тең, қатар.*

**Параллель қосындылауыш.** инф. <ағыл. parallel summer> *Қосылғыштарының барлық разрядтары бір уақытта қосылатын қосындылауыш.*

**ПАРАЛЛЕЛЬДІК** зат. **1.** *Параллель жатушылық, параллель келушілік.* **2.** *Барабарлық, теңдестік.*

**ПАРАМАГНЕТИЗМ** [грек. para – жаны, маңы, Magnētis (қала аты)] зат. физ. *Сыртқы магнит өрісіне орналастырылған кейбір денелердің сол өріс бағыты бойынша магниттелу қасиеті.*

**ПАРАМАГНИТТІК** сын. физ. *Магниттелу қасиеті бар.*

**ПАРАМЕТАМОРФИТТЕР** зат. геол. *Шөгінді таужыныстардың метаморфизмінен қалыптасқан метаморфтық таужыныстар.*

**ПАРАМЕТР** [грек. parametrōn – өлшейтін, мөлшерлейтін] зат. **1.** *Мәні, көлемі мен мөлшері әртүрлі элементтерді бір-бірінен ажырату үшін қолданылатын өлшем, шама.* **2.** *Қондырғының, үдерістің, заттың қандай да болсын қасиетін сипаттайтын шама.* **3**. экон. *Көлемі, шамасы экономикалық үдерістерге елеулі ықпал ететін көрсеткіш.*

**ПАРАМЕТРИТ** зат. мед. *Қынап айналасындағы дәнекер ұлпалар мен жатырдың жалпақ сіңірінің қабынуы.*

**ПАРАМЕТРЛІ** сын. *Параметрі бар, параметрі белгілі.*

**ПАРАМЕТРЛІК** сын. *Параметрге қатысты, соған тән.*

**Параметрлік сезгіштік**. *Бастапқы жағдайлар мен процестің ақырғы параметрлері арасындағы байланыстың мөлшерлік сипаттамасы.*

**ПАРАМОРФОЗАЛАР** зат. геол. *Химиялық құрамы бір минералдардың псевдоморфозасы.*

**ПАРАМФИСТОМАТОЗ** зат. вет. *Күйіс қайыртатын малдың ішқұрт ауруы.*

**ПАРАМҰШ=** ет. ескікіт. *Ұмыту, есінен шығару.*

**ПАРАНЕФРИТ** зат. мед. *Бүйрек майының қабынуы.*

**ПАРАНЖЫ** [ар. فرجية] зат. діни. *Орта Азияда әйелдердің жүзін басқа адамдарға көрсетпеу үшін жамылып жүретін, торлы бетпердесі бар жамылғы.*

**ПАРАНЖЫЛЫ** сын. *Паранжы жамылған, паранжысы бар.*

**ПАРАНЖЫСЫЗ** сын. *Паранжысы жоқ, паранжы кимеген.*

**ПАРАНОЙЯ** [грек. paranoia – есі ауысу, жындану] з а т. м е д. *Ұдайы сандырақтаудан болатын созылмалы психоз ауру.*

**ПАРАҢ** з а т. э т н. *Көбе сауыт.*

**ПАРАНОМИЯ** з а т. қ ұ қ ы қ. *Заңдағы қайшылық.*

**ПАРАОРЫН** з а т. х и м. *Бензол сақинасында көміртектің екі атомынан кейін екі орынбасушылардың біріне-бірі қарама-қарсы орналасуы.*

**ПАРА-ПАР** [ир. برابر] с ы н. *Тепе-тең, барлық жағынан тең, бірдей.*

**ПАРА-ПАРА** [ир. پاره پاره] ү с т. *Быт-шыт, күл-талқан, дал-дал.*

**Пара-парасы шықты.** *Жыртылды, жұлым-жұлым болды.*

**ПАРА-ПАРЛАС** с ы н. с ө й л. *Тепе-теңдес, қатарлас, бірдей.*

**ПАРАПАРЛЫҚ** з а т. *Бірдей мәнді немесе белгілі бір қатынаста басқаларға сәйкес келушілік, теңдестік; эквивалент.*

**ПАРАПЕТ** [итал. parapetto; parare – қорғау және petto – кеуде] з а т. **1.** қ ұ р ы л. *Ғимарат шатырын, терраса мен балконды, өзен жағалауын көмкеріп тұратын жатаған қабырға.* **2.** *Плотина қалақтарын, бөгет қабырғаларын су шайып кетпес үшін орнатылатын қорғаныш-қабат.*

**ПАРАПИТЕК** [грек. para – таяу, pithēkos – маймыл] з а т. з о о л. *Қазбадан табылған жоғары сатыдағы маймылдар тобы.*

**ПАРАПЛЕГИЯ** з а т. в е т. *Малдың екі жағының да, әсіресе оның бөксесі мен артқы аяқтарының салданып қалуы.*

**ПАРАПСИХОЛОГ** з а т. м е д. *Парапсихология маманы.*

**ПАРАПСИХОЛОГИЯ** [грек. para – маңы, psychē – жан, logos – ілім] з а т. п с и х о л. *Адамның психологиясы мен мінез-құлқындағы ғылыми негізі беймәлім гипноз, елестету сияқты айрықша құбылыстарды зерттейтін психология саласы.*

**ПАРАСАТ** [ар. فراسة] з а т. *Адамның сана-сезімін, ойының дәрежесін, дүниетаным қабілетін білдіретін ақыл, кемел, зерделік.*

**Парасат биігі.** *Адамгершілік тұрғы.* **Парасатын астырды.** *Абыройын асыртты, беделін өсіртті.*

**ПАРАСАТСЫЗ** с ы н. *Ақылсыз, ессіз, түйсіксіз, парықсыз.*

**ПАРАСАТСЫЗДЫҚ** з а т. *Ақылсыздық, ессіздік, түйсіксіздік, парықсыздық.*

**ПАРАСАТТА=** е т. *Ақылға сала ойлану, толғану.*

**ПАРАСАТТАН=** е т. *Ақылы кемелдену, ақылы парықтана түсу.*

**ПАРАСАТТАНУ** *Парасаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАСАТТАУ** *Парасатта етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАСАТТЫ** с ы н. *Ақылды, ойлы, білімді, зерделі.*

**ПАРАСАТТЫҚ** з а т. *Зейіндік, білімділік, ойлылық, ақылдылық.*

**ПАРАСАТТЫЛЫҚ** з а т. *Адамға тән ойлылық пен ақылдылық, білімділік пен байыптылық, байсалдылық.*

**ПАРАСАТШЫЛ** с ы н. *Ойшыл, білімді, білгір.*

**ПАРАСЕРПЕНИТИТТЕР** з а т. г е о л. *Орта және қышқыл интрузиялар гидротермаларының доломиттер мен доломиттен-ген әктастарға әсер етуінен қалыптасқан жапсар-метасоматоздық серпентинді таужыныстар.*

**ПАРАСКАРИДОЗ** з а т. в е т. *Жылқының, есектің, қашырдың аса қауіпті ішқұрт ауруы.*

**ПАРАСТ** ир. з а т. *Ит.*

**ПАРАТАКСИС** з а т. л и н г в. *Сөйлемдердің салаласа байланысуы.*

**ПАРАТАҚТАТАСТАР** з а т. г е о л. *Кристалды тақтатастар.*

**ПАРАТАУЖЫНЫС** з а т. г е о л. *Шөгінді-метаморфтық таужыныс терминінің синонимі.*

**ПАРАФ** з а т. *Қолтаңба, адамның қысқартылған аты-жөні.*

**ПАРАФЕМИЯ** з а т. п с и х о л. *Сөйлегенде дұрыс емес сөзді қолдануға әдеттеніп кету.*

**ПАРАФИЛЯРИОЗ** з а т. в е т. *Жылқының құрт ауруы, шөлді мекендейтін жұмыр құрт.*

**ПАРАФИМОЗ** з а т. в е т. *Айғыр қасасының, төбет шүкісінің орнына түспей, ұдайы салбырап тұруы.*

**ПАРАФИН** [лат. parum – аз, affinis – ұқсас] з а т. х и м. *Мұнайдан, көмірден алынатын сарғыштау түсті, иісі, дәмі жоқ, балауыз тәрізді еріғіш зат.*

**ПАРАФИНДЕ=** е т. *Парафинмен сылау, парафинмен қаптау.*

**ПАРАФИНДЕЛ=** е т. *Парафинмен қапталу, сылану.*

**ПАРАФИНДЕЛУ** *Парафиндел етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАФИНДЕУ**[1] з а т. х и м. *Беттерді парафинмен қаптаудың технологиялық үдерісі.*

**ПАРАФИНДЕУ**[2] *Парафинде етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРАФИНДІ** с ы н. *Парафині бар, парафин араласқан.*

**ПАРАФИНДІЛІК** з а т. *Парафиннің көптігі, молдығы.*

**ПАРАФОНИЯ** з а т. п с и х о л. *Дауыстың әлсіреуі, дауыс сапасының өзгеруі.*

**ПАРАФОРМАЛЬДЕГИД** з а т. х и м. *Формальдегид полимерлерінің қоспасы; формальдегидтің сақтауға, тасымалдауға ыңғайлы түрі.*

**ПАРАФРАЗА** [грек. paraphrasis – сипаттау, сипаттама оралым] з а т. л и н г в. ***Перифраза.*** **1.** *Өзге бір мәтінді, басқа біреудің ойын өз сөзімен айтып беру амалы.* **2.** *Жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы.*

**ПАРАХОР** с ы н. с ө й л. ***Парақор.***

**ПАРАЦЕРАТЕРИЙ** з а т. з о о л. *Олигоцен дәуірінде тіршілік еткен алып мүйізтұмсықтылардың бірі.*

**ПАРАША** з а т с ө й л. *Үйдегі қоқыр-соқыр заттарды жинайтын ыдыс.*

**ПАРАШЫЛ** с ы н. *Парақор, пара алғыш.*

**ПАРАШЫЛДЫҚ** з а т. *Пара алғыштық, парақорлық.*

**ПАРАШЮТ** [франц. parachute, грек. parer – қарсы, франц. cute – құлау] з а т. *Баулықтар байланған күмбезі, құрылғысы және де басқа жабдықтары бар, ұшып бара жатқан ұшақтан секіріп түсуге я жүк түсіруге арналған құрылғы.*

**ПАРАШЮТИЗМ** з а т. *Парашют спорты.*

**ПАРАШЮТТІ** с ы н. *Парашюті бар, парашют таққан.*

**ПАРАШЮТША** ү с т. *Парашют сияқты, парашютқа ұқсап.*

**ПАРАШЮТШЫ** з а т. *Парашютпен секіруді жақсы игерген адам, парашютпен секірудің шебері.*

**ПАРБОЗ** с ы н. е с к і к і т. *Әдемі, ажарлы; сәнді.*

**ПАРБОЗДАН=** е т. е с к і к і т. *Ажарлану, әдемілену, жасану.*

**ПАРБОЗДАНУ** *Парбоздан етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРБОЗДАУ** *Парбозда етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРВЭЛЬЮ** з а т. э к о н. *Корпорацияның бухгалтерлік есептемесіне сәйкес құндық бағалануы.*

**ПАРДА**[1] з а т. к ө н е. *Айла, әдіс, еп.*

**ПАРДА**[2] з а т. е с к і к і т. *Мұрагер.*

**ПАРДАЙ** с ы н. *Тең, сайма-сай, барабар.*

**ПАРЕЗ** з а т. м е д. *Жартылай салдану, қозғалыс жағын билейтін жүйкенің не бұлшықет қызметінің әлсіреуі.*

**ПАРДОЗ** з а т. е с к і к і т. *Парбоз, әдемі, ажарлы.*

**ПАРДОЗДА=** е т. *Сәндеу, әшекейлеу.*

**ПАРДОЗДАУ** *Пардозда етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЕНХИМА** [грек. para – маңы, enchyma – құйылу] з а т. **1.** а н а т. *Жануарлардың кейбір органдарында – бауыр, көкбауыр, бездердегі, өкпеде т.б. негізгі қызмет атқарушы тін.* **2.** б о т. *Өсімдіктердегі ең негізгі ұлпа.*

**ПАРИ** з а т. *Бәс, дауда ұтылған адам бір нәрсені істеуге міндеттенетін шарт.*

**ПАРИК** [франц. perrugue] з а т. *Арнайы синтетикалық талшықтан, қылдан, қылшықтан жасалатын жасанды шаш.*

**ПАРИТЕТ** [лат. paritas, paritatis – тепетеңдік] з а т. *Тараптардың тең дәрежеде өкілетті болу принципі, тепе-теңдік.*

**ПАРИШАН** [ир. پریشان] с ы н. *Уайымшыл, көңілсіз.*

**ПАРИЯД** з а т. е с к і к і т. *Зар, қайғы.*

**Парияд етті.** *Зарлады, зар еңіреді.*

**ПАРК** [ағыл. park] з а т. ***Саябақ.*** **1.** *Қала халқының тынығу, дем алу, серуен құруына арналған саялы бау, бақ.* **2.** *Әртүрлі көліктер мен әскери техниканы тұрақтандыру және жөндеу үшін жабдықталған, айналасы қоршалған алаң.*

**Парк күні.** ә с к. *Әрбір әскери бөлімде әскери техникаларды тексеруге, жөндеуге, күтім жасауға, қайта жабдықтауға арналған күн.* **Парк раушангүлдері.** ө с. *Жабайы итмұрындардың ең әдемі түрлері; олардың бауға арналған түрлері мен будандары.*

**ПАРКЕТ** [франц. parguet] з а т. қ ұ р ы л. *Қысқа әрі жіңішке етіп дайындалған, тақтайлардан қиюластырып төселген еден.*

**ПАРКЕТТІ** с ы н. *Паркет төселген, паркет салынған.*

**ПАРКИНГ** [ағыл. parking] з а т. қ ұ р ы л. *Ғимараттардағы автотұрақтар үшін арналған орын.*

**ПАРКШІЛ** с ы н. с ө й л. *Паркте қыдырғыш, паркке көп барғыш, парктен шықпайтын.*

**ПАРҚАДАР** [ир. برقدار]: **парқадар тапты.** с ө й л. *Тұрақтап, тыныштық тапты, береке көрді.*

**ПАРЛА**[1]**=** ет. **1.** *Екі-екіден жұптау, қосқостан қосарлау.* **2.** *Біркелкі қылу, үйлес, ұқсас ету.*

**ПАРЛА**[2]**=** ет. **1.** *Аспанға самғап, шарықтап ұшу, әуелеп қалықтау (құс).* **2.** *Оттың, жарықтың маздауы; жалындап жану.* **3.** *Желбіреу.*

**ПАРЛА**[3]**=** ет. **1.** *Денеден қатты тер шығу, буы бұрқырау.* **2.** *Емшек сүтінің саулап ағуы, сорғалау.*

**ПАРЛАМЕНТ** [франц. parler, parlement – сөйлеу] зат. саяси. *Мемлекеттік биліктің заң шығарушы ең жоғарғы жалпы ұлттық өкілетті мекемесі.*

**Парламент қаулылары.** саяси. *Парламент палаталары өздерінің қарауына Конституция жүктеген мәселелер бойынша тиісті палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайтын заңмен байланысты құжаттар (актілер).*

**ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *Парламентке артықшылықтар берілген кезде заң шығарушылық және атқарушылық қызметтерді бөлетін жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру жүйесі.*

**Парламентаралық одақ.** қоғ.-саяси. *Әртүрлі мемлекеттердің ұлттық парламенттік топтарын біріктіруші бейүкіметтік халықаралық ұйым.*

**ПАРЛАМЕНТЕР** [франц. parlementaire] зат. қоғ.-саяси. ***Бітімгер*** *(жауласушы, соғысушы жақтардың біреуінің екіншісіне келіссөз жүргізу үшін жіберген ресми өкілі).*

**ПАРЛАМЕНТТІК** сын. *Парламентке тікелей қатысты, соның қызметіне, іс-әрекетіне тиісті.*

**Парламенттік иммунитет.** құқық. *Депутатты оны барлық әрекеттері үшін, соның ішінде парламенттік міндеттерін атқару кезінде жасаған әрекеттері үшін де қамауға алып, сот алдында жауапқа тартуға тыйым салу.*

**ПАРЛАМЕНТШІ** зат. саяси. *Парламентке сайланушы.*

**ПАРЛАМЕНТШІЛДІК** зат. қоғ.-саяси. **1.** *Парламент арқылы басқарылатын мемлекеттік басқару жүйесі, осы жүйеге құштарлық.* **2.** *Қандай да бір партияның үкіметтің жиналысына қатысуы.*

**ПАРЛАН**[1]**=** ет. *Қосарлану, екі-екіден жұптану.*

**ПАРЛАН**[2]**=** ет. **1.** *Көзден жас ағу.* **2.** *Пар шығу, булану, буы бұрқырау.*

**ПАРЛАНУ**[1] *Парлан*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЛАНУ**[2] *Парлан*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЛАС=** ет. *Жұптасу, қос-қостасу.*

**ПАРЛАСУ** *Парлас етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЛАТ**[1]**=** ет. *Аттарды екі-екіден жектіру, қосарлату.*

**ПАРЛАТ**[2]**=** ет. *Терін ағызу.*

**ПАРЛАТУ**[1] *Парлат*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЛАТУ**[2] *Парлат*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЛАУ**[1] *Парла*[1] *етістігінің қимыл атауы; қосақтау, қосарлау.*

**ПАРЛАУ**[2] *Парла*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тер шығару, терлету.* **2.** *Көзден жас ағу.*

**ПАРЛЫ** сын. *Пар еккен.*

**ПАРМАЙЫШ** зат. көне. *Бұйрық, тапсырма.*

**ПАРМАНАШЫ** зат. ескі кіт. *Әкім, билік иесі.*

**ПАРНАҚ** ир. сын. ескі кіт. *Опасыз, бақытсыз деген мағынада.*

**ПАРНАС** [грек. parnassos] зат. әдеб. *Поэзия әлемінің, ақындық өнер шыңының символдық бейнесі.*

**ПАРНИК** зат. ***Көшетжай*** *(жемістер мен гүл, көшеттерді жылдың суық кездерінде өсіру үшін арнайы жасалған, үсті шынылы дамалармен бүркелген жылы орын, алаң).*

**ПАРОВОЗ** зат. *Рельсті теміржолда бу күшімен жүретін дөңгелекті локомотивтің бір түрі.*

**ПАРОВОЗША** үст. *Паровозға ұқсап, паровоз сияқты.*

**ПАРОВОЗШЫ** зат. *Паровоз жүргізуші.*

**ПАРОДИЯ** [грек. parōdia – сықақтап қайталап айту] зат. әдеб. *Жазушы туындысының, алған әдеби бағытының стилін, жанрын шенеу, сынау мақсатымен оған ұқсатып жазылған әдеби-көркем жанр.*

**ПАРОДОНТИТ** [грек. para – айналасы, odontos – тіс] зат. мед. *Тістің айналасындағы тіндердің қабынуынан болатын созылмалы тіс ауруы.*

**ПАРОЛЬ** [франц. parole] зат. **1.** әск. *Әскери қызметтегілердің өз адамы екенін білуі үшін қолданылатын жасырын шартты белгі, құпия сөз.* **2.** инф. *Компьютерді іске қосу үшін теруді қажет ететін алдын ала жасырылған құпия сөз, код.*

**ПАРОМ** ор. зат. *Әртүрлі жүктер мен көліктерді, адамдарды өзеннің бір бетінен екінші бетіне тасымалдауға арналған жүзбелі кеме, сал.*

**ПАРОМШЫ** зат. *Паромды жүргізуші, паром жұмысшысы.*

**ПАРОМШЫЛЫҚ** зат. *Паром жүргізу кәсібімен шұғылданушылық.*

**ПАРОНИМДЕР** [грек. para – жақын, onyma – ат] зат. лингв. *Дыбысталуы жақын, грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер.*

**ПАРОНОМАЗИЯ** [грек. para – жақын, onomazo – атаймын] зат. лингв. *Дыбысталуы жақын сөздердің қатар қолданылуынан туатын бейнелі сөз өрнектері.*

**ПАРОСМИЯ** зат. психол. *Иіс сезудің бұзылу үрдісі.*

**ПАРОТИТ** [грек. para – жақын, us (otos) – құлақ] зат. мед. *Сілекей бездерін зақымдап, құлақ түбі бездерін қабынуға алып келетін вирустен тарайтын инфекциялық ауру.*

**ПАРОХОД** ор. зат. *Бу мәшинесінің я бу турбасының күшімен жүретін су кемесі.*

**ПАР-ПАРДАН** сын. *Екі-екіден, қос-қостан, жұбымен.*

**ПАР: пар-пар етті.** *Парылдады, пыр-пырлап ұшты.*

**ПАР-ПАРЛА=** ет. *Қос-қостау, жұптау.*

**ПАР-ПАРЛАУ** *Пар-парла етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРСАҚ** зат. *Бес шақырым жер.*

**ПАРСАҢ** ир. зат. *Қашықтық өлшемі, шақырым.*

**ПАРСЕК** [грек. parallaxis – ауытқу, лат. secunda – екінші бөліну] зат. астр. *Шамасы 206, 265 астрономиялық бірлікке тең астрономиядағы қашықтық өлшемі.*

**ПАРСЫ** ир. зат. *Иранның негізгі халқы және сол халықтың өкілі.*

**Парсы дари.** ескі кіт. *Иран халқының көне атауы.* **Парсы кілемі.** *Персияда шығатын қымбат бағалы кілем.* **Парсы тілі.** лингв. *Иран тілдерінің оңтүстік-батыс тармағына жататын парсылардың тілі.*

**ПАРСЫША** үст. **1.** *Парсы үлгісінде, парсыға ұқсап.* **2.** *Парсы тілінде, парсы жазуымен.*

**ПАРТ: парт болды [кетті].** жерг. *Тез шамданды, шарт кетті.*

**ПАРТА** зат. *Орындықпен бірге немесе орындықсыз жасалған көлбеу беттеуі бар оқушы үстелі.*

**ПАРТАЛАС** сын. **1.** *Партасы бір, бір партада отырған.* **2.** *Сыныптас.*

**ПАРТАСЫЗ** сын. *Партасы жоқ, парта қойылмаған.*

**ПАРТБИЛЕТ** зат. тар. совет. *Коммунистік партияның мүшесі екенін растау үшін сол партияның мүшелеріне берілетін құжат, партия билеті.*

**ПАРТЕНОГЕНЕЗ** [грек. parthenos – ұрықтанбай көбею, gena – тегі, қаны] зат. биол. *Аналық жұмыртқа жасушасының ұрықтанбай дамуы, жұмыртқа ұрықтанбастан-ақ жыныстық көбею жайы.*

**ПАРТЕНОКАРПИЯ** [грек. parthenos – ұрықтанбай көбею, karpos – жеміс] зат. өс. *Жемістердің ұрықтанбай даму әрекеті.*

**ПАРТЕР** [франц. parterre; par – үсті, terre – жер] зат. **1.** *Театрлар мен концерт залдарындағы көрермендер отыратын орталық орын.* **2.** *Саябақтардың құрылысында гүл мен жасыл желек, су хауыздарын орнатып, төңірегін бұта қоршаумен көмкерген ашық алаң.*

**ПАРТИЗАН** [франц. partisan] зат. *Жау тылында құрылған партизан отрядының жауынгері, партизан соғысының ардагері, соған тікелей қатысушы.*

**Партизан қозғалысы.** *Жау басып алған жерлерде халық ерікті түрде қатысып ұйымдастырылған, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға белсене атсалысқан күрес түрі.* **Партизан соғысы.** *Жау әскерінің тылына әрекет жасаушы және қарулы отрядтардың күресі.*

**ПАРТИЗАНДЫҚ** сын. *Партизанға тән, партизанға қатысты.*

**ПАРТИЗАНШЫЛДЫҚ** зат. *Партизан болушылық, партизанға тән әрекет істеушілік.*

**ПАРТИКУЛЯРИЗМ** [лат. particularis] зат. саяси. *Саяси, азаматтық бытыраңқылық.*

**ПАРТИНИУМ** зат. хим. *Автомобиль және ұшақ моторларын жасауда қолданылатын, вольфрам мен алюминиидің құймасы.*

**ПАРТИРЕР** зат. *Жат пиғылды, теріс ойлы саудагер.*

**ПАРТИТУРА** [итал. partitura] зат. муз. *Көп дауысқа бөлініп жазылған музыкалық шығарманың жеке-жеке дауыстарының жинақталып біріктірілу үрдісі.*

**ПАРТИФЕР** зат. *Ұсақ саудагер, контрабандамен сауда жасаушы.*

**ПАРТИЯ**[1] [лат. partis] зат. саяси. **1.** *Қандай да бір қоғамдық таптың мүддесін қорғап, ортақ мүдде негізінде біріккен, өкімет билігіне ұм-*

*тылатын саяси ұйым.* **2.** тар. *Жан-жаққа бөлінген топ, одақ, жік.* **3.** *Заттардың, тауарлардың белгілі бір көлемі.*

**Партия белсендісі.** қоғ. *Партияның басты міндеттерін жүзеге асыруға, елдің саяси, экономикалық, мәдени дамуына қызмет ететін партияның белсенді күші, қайраткері.* **Партия жиды [болды].** *Жік-жікке бөлінді, жік-жік болды, өзіне жақтас адамдардан топ құрды.* **Партия ұйымы.** саяси. *Партия мүшелерінің басын қосатын саяси ұйым.* **Партия органдары.** тар. совет. *Совет үкіметінің жергілікті және жоғарғы басқару жүйесі, әкімшілік және партия орындары.*

**ПАРТИЯ**[2] зат. муз. **1.** *Жеке дауыспен немесе жеке музыкалық аспапта орындау үшін жазылған шығарма, топтың бір мүшесі орындайтын нота.* **2.** шахм. *Шахмат, дойбы, карта, т.б. басынан аяғына дейінгі ойыны.*

**ПАРТИЯГЕРЛІК** сын. *Жік, одақ құрып таласуға құмарлық.*

**ПАРТИЯГЕРШІЛІК** зат. *Партияға, топқа, өзара жікке бөлінушілік.*

**ПАРТИЯҚОР** зат. қарап. *Жікке, топқа бөлінуге құмар, топқұмар.*

**ПАРТИЯЛАС** сын. **1.** *Бір партияға кіретін.* **2.** ауыс. *Жақтас, топтас.*

**ПАРТИЯЛАС=** ет. *Жікке бөлінісу, топтасу.*

**ПАРТИЯЛАСУ** *Партиялас етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРТИЯЛЫҚ**[1] зат. *Белгілі бір партияның көзқарасын білдіретін ұстаным.*

**ПАРТИЯЛЫҚ**[2] сын. *Партия мүшесіне тікелей қатысты, соған тән.*

**ПАРТИЯЛЫЛЫҚ** зат. *Белгілі бір партияның көзқарасын, бағытын ұстанушылық.*

**ПАРТИЯСЫЗ** сын. *Ешбір партияда жоқ, партияны жақтамайтын.*

**ПАРТИЯШЫЛ** сын. *Жікшіл, топшыл.*

**ПАРТИЯШЫЛДЫҚ** зат. *Өзара жақ-жақ болып айтысудан туатын жікшілдік, топшылдық.*

**ПАРТМАФИЯ** зат. әлеум. *Партиялық ұялы қылмыс, партиялық сыбайлас қылмыс.*

**ПАРТОРГ** зат. тар. совет. *Кеңес өкіметі кезіндегі партия мекемесінің саяси басшысы, партия жетекшісі.*

**ПАРТ-ПАРТ** елік. *Бытыр-бытыр, күрткүрт еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ПАРТ-ПҰРТ** үст. *Быт-шыт, пәре-пәре.*

**ПАРТЫЛДА=** ет. *Парт-парт ету; бартылдау.*

**ПАРТЫЛДАТ=** ет. *Парт-парт еткізу, дүрсілдету.*

**ПАРТЫЛДАТУ** *Партылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРТЫЛДАУ** *Партылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРУА** зат. ескі кіт. *Ынта, пейіл, ықылас.*

**ПАРУАЗ** зат. ескі кіт. *Әуез.*

**ПАРУАЗ** зат. сөйл. *Үйдің төбесін жапқанда мәтке үстіне көлденең салынатын ағаш.*

**ПАРУАЙ=** ет. ескі кіт. *Қызығу, тілеу.*

**ПАРУАЙЫ: паруайы тиді.** *Кесірі тиді.*

**ПАРУАНА** зат. ескі кіт. *Жалған (дүние, өмір).*

**ПАРУАРДИГАР** ир. зат. ескі кіт. *Жаратқан ие, Құдай.*

**ПАРУАРДИГӘР** ир. зат. діни. ***Пәруардігер*** *(Тәңірі, Құдай).*

**ПАРУАРДІГЕР** ир. зат. ескі кіт. *Тәңірі, Құдай.*

**ПАРФЮМ** [ағыл. parfum] зат. космет. *Парфюмерлік өнім, әтір.*

**ПАРФЮМЕР** зат. *Парфюмерия өндіріс орнының қызметкері.*

**ПАРФЮМЕРИЯ** [франц. parfum] зат. космет. **1.** *Гигиеналық және косметикалық мәні бар парфюмериялық бұйымдар жасайтын өнеркәсіп саласы.* **2.** *Бет пен қолға, шашқа, киімге жағатын хош иісті әтір, иіссу, иісмай сияқты т.б. заттар.*

**ПАРФЮМЕРИЯЛЫҚ** сын. космет. *Парфюмерия бұйымдарын жасауға қажетті, парфюмерия боларлық.*

**ПАРФЮМЕРЛІК** сын. космет. *Парфюмер өндірісіне керекті, соған жарайтын.*

**ПАРҺИЗ** сын. ескі кіт. *Ұстамды, салмақты, тәрбиелі.*

**ПАРҺИЗКАР** сын. ескі кіт. ***Парһиз.***

**ПАРЦЕЛЛА** зат. *Ұсақ шаруаның жер телімі.*

**ПАРЦЕЛЛЯЦИЯ** [лат. partialis] зат. **1.** лингв. *Стильдік-экспрессивтік мақсатта сөйлемді ерекше екпін арқылы әдейі жеке бөлшектерге бөліп айту тәсілі.* **2.** *Жерді ұсақ телімдерге бөлу.*

**ПАРЦЕЛЬ** зат. *Тауардың, жүктің ұсақ топтамасы.*

**ПАРША**[1] [ир. پارچه] зат. *Алтын мен күміс тәрізді жіптерді араластыра отырып тығыз тоқылған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.*

**ПАРША**[2] зат. *Бір кесек, бір бөлек.*

**ПАРШАЛА=** ет. **1.** *Быт-шыт қылу, талқандау, кескілеу, тілгілеу.* **2.** *Сойған малдың етін боршалау, мүшелеп бұзу.* **3.** ауыс. *Жүрегін тілгілеу, жанын жаралау.*

**ПАРШАЛАН=** ет. **1.** *Кескілену, тілгілену.* **2.** *Боршалау, мүшеленіп сойылу.*

**ПАРШАЛАНУ** *Паршалан етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРШАЛАТ=** ет. **1.** *Кескілету, тілгілету.* **2.** *Малды боршалату.* **3.** ауыс. *Жүрегін тілгілету, жанын жаралау.*

**ПАРШАЛАТУ** *Паршалат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРШАЛАУ** *Паршала етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРША-ПАРША** [ир. پارچه پارچه] сын. *Быт-шыт, бөлшек-бөлшек, тілім-тілім, жырым-жырым.*

**Парша-парша болды.** *Быт-шыты шықты, бөлшек-бөлшек, жырым-жырым, тілім-тілім болды.* **Парша-парша етті [қылды].** *Быт-шытын шығарды, талқандады.* **Парша-паршасы шықты.** *Быт-шыт болды, пара-парасы шықты.*

**ПАРЫЗ** [ар. فرض] зат. **1.** діни. *Мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы.* **2.** *Адамның ел-жұрт, қоғам алдындағы азаматтық борышы, қастерлі міндет.*

**Парыз арқалады.** *Міндет алды.* **Парызын ақтау.** *Артылған талап, жүктелген міндеттерді өтеу, орындау.*

**ПАРЫЗДАР** [ар. ир. فرض دار] сын. *Қарыздар, борыштар.*

**ПАРЫЗ-ҚАРЫЗ** зат. *Адамгершілік, азаматтық борыш-міндет.*

**ПАРЫЗ-УӘЖІП** зат. діни. *Парыздар мен уәжіптер.*

**ПАРЫҚ** [ар. فرق] зат. **1.** *Бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы, ерекшелік.* **2.** *Нәрсенің қадір-қасиеті, мән-жайы, жай-жапсары.* **3.** *Белгілі бір істің байыбы, пайымы.* **4.** ауыс. *Сатылатын заттың бағасы, құны.* **5.** ауыс. *Өлшем, мөлшер.*

**Парқы аспан мен жердей [жер мен көктей].** *Айырмасы өте алшақ.* **Парқы білінбейді.** *Айырмасы көрінбейді, бағасы байқалмайды.* **Парқына жетпеді.** *Байыбына бармады, мәнісін түсінбеді, бағаламады.* **Парық [сөздің парқын] айырды.** *Бір нәрсенің қадір-қасиетін айыра білді, жақсы-жаманның нарқын ажыратты.* **Парық етті.** *Бір нәрсені айыра, бағалай білді, жақсы-жаманды ажыратты.* **Парық кешті.** *Үміті өшті, күдер үзді.* **Парық қылмады [етпеді].** *Мәнісіне түсінбеді, байыбына бармады, көңіл қоймады, бағалай алмады.*

**ПАРЫҚ-ПАРАСАТ** зат. *Қадір-қасиет, абырой-атақ.*

**ПАРЫҚСЫЗ** сын. *Істің мән-жайын, жөн-жосығын, жақсы мен жаманның пайымын ажырата алмайтын оспадарсыз, пайымы жоқ.*

**ПАРЫҚСЫЗДАН=** ет. *Еш нәрсеге мән бермей оспадарсыздану.*

**ПАРЫҚСЫЗДАНУ** *Парықсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЫҚСЫЗДАУ** сын. *Оспадарсыздау, ойсыздау.*

**ПАРЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Еш нәрсенің қадір-қасиетін, мән-жайын, ерекшелік күйін білмеушілік, жөнсіздік, талғаусыздық.*

**ПАРЫҚТА=** ет. **1.** *Бір нәрсенің мән-жайын, жай-жапсарын тереңнен ұғынып ажырата білу, анықтау, байқап бағдарлау.* **2.** *Белгілі бір нәрсені қадірлеп-қастерлеу, жоғары бағалау.*

**ПАРЫҚТАЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің бағдарланып, байыпталуы.* **2.** *Бағалану, қастерлену.*

**ПАРЫҚТАЛУ** *Парықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЫҚТАТ=** ет. *Ақ-қарасын айырту, жете таныту, түйсінту.*

**ПАРЫҚТАТУ** *Парықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЫҚТАУ** *Парықта етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЫҚТЫ** сын. **1.** *Мәнді, мағыналы, мазмұнды.* **2.** *Байқағыш, ойлы, парасатты.*

**ПАРЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Адамның, жеке тұлғаның өмір құбылыстарын, дүниені бағалай білу белгісі, қасиеті.*

**ПАРЫЛ** зат. *Пар-пар еткен дыбыс.*

**ПАРЫЛДА=** ет. *Пар-пар еткен қатты дыбыс, үн шығару.*

**ПАРЫЛДАТ=** ет. *Пар-пар еткізу.*

**ПАРЫЛДАТУ** *Парылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАРЫЛДАУ** *Парылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПАС**[1] [франц. passe] зат. ойын. *Карта ойынында қолым келмеді, ойнамаймын деген мағынадағы сөз.*

**ПАС**[2] [ағыл. pass] зат. спорт. *Спорт ойынында допты серіктесіне қарай беру әдісі.*

**ПАСАД** ар. сын. ескі кіт. *Азған, бұзылған, өнегесіз.*

**ПАСЕЙЕР** үст. ескі кіт. *Соңында, аяғында.*

**ПАСКАЛЬ** зат. физ. *Халықаралық өлшем бірліктері жүйесіндегі механикалық кернеу мен қысымның өлшем бірлігі.*

**ПАСПОРТ** [франц. passeport] зат. ***Төлқұжат.*** **1.** *Жеке адамның аты-жөнін және тұрғылықты жерін куәландыратын ресми құжат.* **2.** *Кәсіпорын, ғимарат, түрлі көлік құралдары, тұрмыстық құрал-жабдықтар туралы негізгі мәлімет жазылған тіркеу құжаты.*

**Паспорт жүйесі.** *Халықтың өсуін, орын ауыстыруын есепке алып, реттеуге негізделген құқық нормаларының жолы.* **Паспорт үстелі.** *Төлқұжат беретін орын.*

**ПАСПОРТСЫЗ** сын. *Паспорты жоқ, паспорт алмаған.*

**ПАСПОРТШЫ** зат. *Паспорт үстелінің қызметкері, төлқұжат толтырып отыратын қызметкер.*

**ПАССАЖ**[1] [франц. passage] зат. сәулет. **1.** *Төбесі әйнекпен немесе шатырмен жабылған, көптеген дүкендері бар сауда-саттық ғимаратының бір түрі.* **2.** муз. *Музыкалық шығармалардың оңай, жеңіл ойналатын түрінен қиын әрі тез, жылдам ойналатын түріне көшу, саусақтардың бірден қиын қимылға көшу тәсілі.*

**ПАССАЖ** зат. *Күтпеген оқиға, істің басқаша беталысы.*

**ПАССАТ** [исп. viento de pasada] зат. геогр. *Экватор мен субтропиктік аймақ арасында жыл бойы тұрақты түрде соғатын желдер.*

**ПАССАТТЫҚ** сын. *Пассатқа тән, пассатқа қатысты.*

**Пассаттық ағыстар.** геогр. *Солтүстік, Оңтүстік жарты шарлардың тропиктік және экваторлық ендіктерінде басым сипатқа ие пассаттардың әсерінен Дүниежүзілік мұхитта туындайтын беттік ағыстар.*

**ПАССИВ**[1] [лат. passivus] зат. экон. **1.** *Кәсіпорын қаражатының құралу көздерін және оның жұмсалу мақсатын көрсететін бухгалтерлік теңгерім бөлігі.* **2.** *Кәсіпорынның борышы мен міндеттемелерінің жиынтығы.* **3.** *Шығыстың түсімнен асып түсуі.*

**ПАССИВ**[2] сын. **1.** *Бір нәрсеге немқұрайды қарайтын, енжар, селқос (адам).* **2.** лингв. *Қолданыста, сөзжасамда жиі кездеспейтін, көнере бастаған.*

**Пассив иммунитет.** *Енжар иммунитет.*

**ПАССИВТІ** сын. ***Пассив.***

**Пассивті иммунитеттеу.** мед. *Енжар иммунитеттеу.*

**ПАССИВТІК** сын. *Белсенді, жиі емес.*

**ПАССИОНАР** [лат. passio] зат. қоғ. *Тумысынан сыртқы ортадан тұлғаға қажетті энергияны артық қабылдап, оны қоршаған ортаны өзгерту үшін мақсатты жұмыс түрінде пайдалану қабілетіне ие адам.*

**ПАССИОНАРЛЫҚ** сын. *Пассионарға тән, пассионарға қатысты.*

**ПАСТА** [итал. pasta] зат. *Түрлі ұнтақ заттар араластырылған қамыр тәрізді гигиеналық, косметикалық және кулинариялық заттардың аты.*

**ПАСТЕЛЬ** [итал. pastello] зат. бейн. **1.** *Бояулардың ұнтағынан ғана жасалатын, бейнелеу өнерінде қолданылатын, сырты құрғақ, әрі жұмсақ борға ұқсас түрлі-түсті қарындаш.* **2.** *Осы қарындашпен салынатын кескіндеме.*

**ПАСТЕРЕЛЛЕЗДЕР** зат. вет. *Бір топ жұқпалы аурулардың жалпы аты, сопақ бактериялар.*

**ПАСТЕРЛЕ=** ет. тамақ. *Сүт, шарап т.б. сұйықтар мен тағам өнімдеріндегі микроағзаларды 100°С-тан төмен температурада қыздыру арқылы жою.*

**ПАСТЕРЛЕН=** ет. тамақ. *Әртүрлі сұйық тағам өнімдерінің белгілі бір температурада қыздырылуы.*

**ПАСТЕРЛЕНУ** *Пастерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ПАСТЕРЛЕТ=** ет. *Әртүрлі сұйық тағам өнімдерін белгілі бір температурада қыздырту.*

**ПАСТЕРЛЕТУ** *Пастерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ПАСТЕРЛЕУ**[1] зат. тамақ. *Сүт, шарап, т.б. сұйықтар мен тағамдық өнімдерді белгілі бір температурада қыздырып, зарарсыздандыру әдісі.*

**ПАСТЕРЛЕУ**[2] *Пастерле етістігінің қимыл атауы; әртүрлі сұйықтар мен тағамдық өнімдерді белгілі бір температурада қыздыру.*

**ПАСТИЛА** [лат. pastillus] зат. тамақ. *Езілген жеміс-жидек езбесін қант пен жұмыртқа ақуызымен араластырылып дайындалатын кондитер өнімі.*

**ПАСТОР** [лат. pastor] зат. діни. *Протестанттық дінбасы.*

**ПАСТОРАЛЬ** [лат. pastoralis] зат. театр. *Қарапайым малшының өмірін бейнелейтін лирикалық өлең және драмалық шығарма.*

**ПАСХА** [грек. pascha] зат. діни. **1.** *Христиандар мен еврейлердің көктемгі діни мерекесі.* **2.** *Осы мерекеге арнап, төрт бұрышты мұнара тәрізді етіп, ірімшіктен істелген тәтті тағам.*

**ПАСЫҚ** [ар. فاسق] сын. *Надан, топас, оңбаған, арам, адамшылықтан безген.*

**ПАСЫҚТЫҚ** зат. *Надандық, топастық, арамдық, оңбағандық.*

**ПАСЫЛ** сын. ескі кіт. *Басты, негізгі, үлгілі.*

**ПАСЬЯНС** [франц. patience] зат. *Карта ойыны.*

**ПАТ** [франц. pat] зат. спорт. *Шахмат ойынында қарсыластың біреуі кезекті жүрісін жүре алмай қалатын тәртіп.*

**ПАТАТАР** зат. жерг. *Құты (мылтыққа дәрі салатын ыдыс).*

**ПАТЕНТ** [лат. patens] зат. **1.** *Сауда жасауға немесе белгілі бір кәсіп қылуға құқық беретін куәлік.* **2.** құқық. *Белгілі бір ғылым, өнер салаларында жаңалық ойлап тапқан адамның сол өзі ашқан жаңалықты пайдалануға толық ерікті екенін растайтын куәлік қағаз.*

**Патент алымы.** экон. *Өнеркәсіп орындарының, заңды тұлғалардың, сондай-ақ кәсіпшілікпен немесе кәсіпкерлік қызметпен шұғылданудан алатын табысы бар азаматтардың бюджетке төлейтін төлемі.* **Патент бажы.** экон. *Өнертабыстарды берілетін патентке сәйкес пайдаланудың ерекше құқығы берілгені үшін төленетін ақы.* **Патент құқығы.** құқық. *Өнертабыс деп табылған техникалық ұсынысқа патент беру тәртібі мен патент авторының құқықтары мен міндеттерін реттейтін құқық нормаларының жиынтығы.*

**ПАТЕНТСІЗ** сын. *Патенті жоқ, патент алмаған.*

**ПАТЕНТТАНУ** зат. экон. *Патенттерді тіркеу, оларды сақтаумен шұғылданатын ғылыми пән.*

**ПАТЕНТТЕ=** ет. *Патент алу, куәландыру.*

**ПАТЕНТТЕЛ=** ет. *Патент алыну, рұқсат етілу, расталу.*

**ПАТЕНТТЕЛУ** *Патенттел етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТЕНТТЕУ** *Патентте етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТЕНТТІ** сын. *Патенті бар, патентке ие.*

**ПАТЕРГАЗИЯ** зат. психол. *Мінез-құлықтың бұзылу, адамның алжасу процесін білдіретін ұғым.*

**ПАТЕРНАЛИЗМ** [лат. paternus] зат. экон. *Фирмадағы әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу нысаны.*

**ПАТЕТИКА** [грек. pathētikos] зат. *Аса жоғары, көтеріңкі, масаттанған серпін, салтанат.*

**ПАТЕТИКАЛЫҚ** сын. *Жоғары, көтеріңкі ырғақты, серпінді, салтанатты.*

**ПАТЕФОН** [франц. pate, грек. phōnē – дыбыс] зат. муз. *Граммофон пластинкасынан дыбыс шығаруға арналған әртүрлі тетігі бар аппарат.*

**ПАТИНА** [грек. patina] зат. кен. *Мыс және оның қорытпалары беттерінің айналадағы ортаның әсерінен тотығып, әр түске боялған қабыршақ.*

**ПАТИНАЛА=** ет. *Мыс, қола, жез бұйымдарының беттерін тотықтырғыштармен арнаулы өңдеу арқылы жұқаша қабыршақ түзу.*

**ПАТИНАЛАУ** *Патинала етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТИССОН** [франц. patisson] зат. өс. ***Самсар*** *(жапырағы жалпақ, үш не бес бұрыш болып келетін, асқабақ тұқымдасына жататын сары түсті біржылдық өсімдік).*

**ПАТИХА** [ар. فاتحة] зат. діни. **1.** *Құранның бірінші сүресі, кіріспе, «Фатиха».* **2.** *Дінге, сенімге негізделген бата, дұға, тілек.*

**Патиха алды.** діни. *Бата алды.*

**ПАТНОС** [ор. поднос] зат. сөйл. *Шыны-шәйнек, ыдыс-аяқ салып, ары-бері тасуға арналған табақ тәрізді құрал.*

**ПАТОГЕНЕЗ** [грек. pathos – ауру, genesis – шығу тегі] зат. мед. *Аурудың пайда болу және асқыну үрдісі.*

**ПАТОКА** зат. хим. *Крахмалды сұйылтылған қышқылдармен қанттандырып, содан кейін шырынды сүзіп және қайнатып алынатын өнім.*

**ПАТОЛОГИЯ** [грек. pathos – ауру, logos – ілім] зат. мед. *Мал және адам ағзаларының ауруға шалдығуын, физиологиялық үдерістерінің өзгерісін зерттейтін медицина ғылымының саласы.*

**ПАТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Патологияға қатысты, соған тән.*

**Патологиялық анатомия.** анат. *Адам мен мал денесіндегі әртүрлі сырқаттардың әсерінен болатын өзгерістерді зерттейтін ғылыми пән.*

**Патологиялық ентікпе.** м е д . *Тыныстау мүшелері, қан айналысы, жүрек, бүйрек, жүйке жүйесі аурулары қаназдық, улану т.б. салдарынан пайда болатын сырқат.* **Патологиялық мінез.** п с и х о л . *Түрлі жайсыз жағдайдан болатын адам бойындағы мазасыздық.* **Патологиялық психология.** п с и х о л . *Ауырған адамның психикалық қызметі мен қасиетінің, мінез-құлқының ауытқу заңдылықтарын зерттейтін медициналық психология саласы.* **Патологиялық физиология.** ф и з и о л. *Аурудың пайда болу себептерін, оның құбылысын және ауру ағзаның өсу жолын зерттейтін ғылыми пән.*

**ПАТОМОРФОЗ** [грек. pathos – ауру, morphosis – бейне, түр] з а т . м е д . *Ауру түрлерінің, оның түрлі белгілерінің қоршаған ортаға әсерлері нәтижесінде тұрақты өзгерістерге ұшырау үрдісі.*

**ПАТРИАРХ** [грек. patriarchēs] з а т . **1.** т а р . *Рулық қоғамдағы рубасы, ақсақал.* **2.** д і н и . *Православие шіркеуіндегі жоғары діни билікте болған адамның шені, лауазымы.*

**ПАТРИАРХАЛДЫ** с ы н . *Ескі салт, әдет-ғұрыппен бірге, сонымен біте қайнасқан.*

**ПАТРИАРХАЛДЫҚ** с ы н . **1.** *Ескі ру қоғамының ықпалындағы рулық, ақсақалдық.* **2.** а у ы с . *Ескі ғұрып, салт-сананы ұстаушылық, соның ықпалында болушылық.*

**ПАТРИАРХАТ** [грек. patēr – әке, archē – басқарамын, билеймін, сөзбе-сөз әке өкімі] з а т . *Қоғамда, әлеуметтік өмірде, отбасында биліктің ер адамдарға көшу сипаты.*

**ПАТРИАРХАТТЫҚ** с ы н . **1.** *Патриатхат дәуіріне тән.* **2.** а у ы с . *Ескі салт-санаға берілген, ескі әдет-ғұрыптан айырылмаған, кертартпа.*

**ПАТРИОТ** [грек. patriotes] з а т . ***Отаншыл*** *(өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам).*

**ПАТРИОТИЗМ** [грек. patrides – отандас, patris – Отан, туған жер] з а т . ***Отаншылдық*** *(өз Отанын, халқын шексіз сүюшілік, барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға, ұлтқа тән терең сезім).*

**ПАТРИОТТЫҚ** с ы н . ***Отаншылдық*** *(патриотқа тән қасиет, іс-әрекет).*

**ПАТРОН** [нем. patrone] з а т . *Капсюльді жездің ішіне салып тығындаған оқ.*

**ПАТРОНАЖ** [франц. patronage] з а т . м е д . *Дәрігердің ауруды үйде қарауы, үйде аурудың алдын алуы, ауруларға үй жағдайында медициналық жәрдем көрсетуі.*

**ПАТРОНАТ** [лат. patronatus] з а т . з а ң . *Қараусыз қалған баланы белгілі бір отбасында заңды түрде асырап алуда берілетін тәрбие.*

**ПАТРОНТАЖ** з а т . ә с к . *Оқ салғыш, оқшантай.*

**ПАТРУЛЬ** [франц. patrouille] з а т . ә с к . ***Қоруыл*** *(тәртіп сақтау мақсатында байқап шолуға, қарауылға шыққан қарулы әскерлер, күзетшілер тобы).*

**ПАТРУЛЬДЕ= е т** <франц. patruiller> з а т . ә с к . *Тәртіп сақтау мақсатында байқап шолу.*

**ПАТРУЛЬДЕУ** *Патрульде етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТСАЙЫ**[1] [ир. پادشاهی] з а т . к ә с . *Тығыз тоқылған жібек мата түрі.*

**ПАТСАЙЫ**[2] з а т . к ә с . *Қауынның күләбі, торлама, әміре сияқты тәтті түрі.*

**ПАТТУМДАР** з а т . г е о л . *Құмдарды, құмайттарды, саздарды біріктіретін, өңделмеген таужыныстары.*

**ПАТУА** з а т . с ө й л . ***Пәтуа.***

**ПАТША** [ир. پادشاه] з а т . **1.** т а р . *Төңкеріске дейінгі Ресей монархының титулы, билік иесінің атағы.* **2.** а у ы с . *Ел басқарушы, әмірші.* **3.** а у ы с . *Бәрінен артық, ең асыл, ең құнды, басқадан жоғары.*

**Патша ағзам.** тар. с ө й л . *Мәртебелі, құдіретті патша.* **Патша өкіметі.** тар. *Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі патшалық Ресей басқарған үкімет.* **Патша кобрасы.** з о о л . *Ұзындығы 5,5 смдей, өте ірі әрі улы жылан.*

**ПАТШАҒАР** [ир. بجه‌غر] с ы н . **1.** *Оңбаған, жексұрын, тентек, бұзық.* **2.** *Біреуге ырза болғанда «шіркін», «соққыр» деген мағынада айтылады.*

**ПАТШАЙЫМ** з а т . *Ел билеуші патшаның қосағы, жұбайы.*

**ПАТШАЗАДА** [ир. پادشاه‌زاده] з а т . *Патшаның ұлы.*

**ПАТШАЛЫ** с ы н . *Патша билеген, патшасы бар.*

**ПАТШАЛЫҚ** с ы н . **1.** *Бір патша билеген, соған тікелей тән, тәуелді, қатысты. // Патшаның қол астындағы мемлекет, патша өкіметі, патша үстемдігі.* **2.** а у ы с . *Төрелік, жастық, серілік дәурен.*

**Патшалықтан кешті.** *Патша болудан бас тартты.*

**ПАТШАХАНЫМ** з а т . ж а ң а . *Ел билеуші әйел адам.*

**ПАТШАШЫЛ** с ы н . *Патшаны жақтағыш, патша өкіметін қолдайтын.*

**ПАТШАШЫЛДЫҚ** з а т . *Патшаны, патша өкіметін дәріптеушілік, оның мемлекеттік құрылысын жақтап қолдаушылық.*

**ПАТЫН** ар. з а т . е с к і к і т . *Түйсік, ақыл.*

**ПАТЫРАТ** с ы н . ж е р г . *Керексіз, бұзақы.*

**ПАТЫРЛА=** е т. *Патыр-патыр ету, сатырлау.*

**ПАТЫРЛАТ=** е т. *Сатырлату, патыр-патыр еткізу.*

**ПАТЫРЛАТУ** *Патырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТЫРЛАУ** *Патырла етістігінің қимыл атауы.*

**ПАТЫР-ПАТЫР** е л і к. *Сатыр-сұтыр, шатыр-шұтыр, шарт-шұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Патыр-патыр етті.** *Патырлады, сатұр-сұтыр етті.*

**ПАУ** о д. *Бір нәрсеге разы болғанда, көңілденгенде айтылатын сөз.*

**ПАУЗА** [лат. pausa] з а т . **1.** *Сөйлеу кезінде болатын сәл үзіліс.* **2.** л и н г в . ***Кідіріс*** *(мәтінді ажыратып оқу, түсіну үшін қызмет ететін, дыбыстаудағы кідірісті білдіретін интонацияның компоненті).* **3.** м у з . *Музыкалық аспаптардың ойын арасында тоқтап үзіліс алуы.*

**ПАУПЕРИЗМ** з а т . ә л е у м . *Жұмыссыздықтан, табыстың төмендігінен халықтың жаппай қайыршылануы.*

**ПАУШАЛЬ: паушальдық төлем.** э к о н . *Тауарлар тобы үшін төленетін төлемнің құрмалас бөліктерге сараланбаған жалпы сомасы.*

**ПАФОС** [грек. pathas] з а т . *Өнер саңлақтарының ерекше шабыттанып, жігерленетін кезі, құлшыныс, құштарлығы.*

**ПАФОСТЫ** с ы н . *Пафосқа, яғни ынта-жігерге, зор шабытқа толы.*

**ПАФОСТЫҚ** с ы н . *Пафосқа тән, пафосқа қатысты.*

**ПАХМ** з а т . е с к і к і т . *Ой, түсінік.*

**ПАХСА** з а т . е с к і к і т . *Пісірілген лай.*

**ПАХТА** з а т . с ө й л . ж е р г . ***Мақта.***

**ПАҺЫМ** ар. з а т . е с к і к і т . *Ойлану.*

**ПАҺ** о д. *«Па», «пау» сияқты одағай сөз.*

**ПАҺ-ПАҺ** о д. *Па-па, пай-пай, о шіркін.*

**ПАЦИЕНТ** [лат. patiens] з а т . м е д . *Дәрігерге қаралушы, емделуші адам.*

**ПАЦИФИЗМ** [лат. pacificus] з а т . с а я с . *Бейбітшілікті сақтау ұранын қуаттай отырып, соғыстың қандай түрін де, оның ішінде әділ соғысқа да, ұлт бостандығы соғысына да қарсы шығатын буржуазиялық ұғым.*

**ПАЦИФИКАЦИЯ** з а т . с а я с и . *Көтерілісті, халықтың ашу-ызасын, ұлт-азаттық қозғалысты күшпен басу.*

**ПАЦИФИСТ** [франц. pacifiste] з а т . с а я с и . *Пацифизмді жақтайтын кісі.*

**ПАЦИФИСТІК** с ы н . с а я с и . *Пацифизмге тән, пацифизмге қатысты.*

**ПАЧУМ** [ағыл. patchouli] з а т . **1.** ө с. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын шағын бұта.* **2.** п а р ф ю м. *Осы өсімдіктің жапырақтарынан, сабақтарынан алынатын эфир майынан жасалатын иісі күшті әтір.*

**ПАШ** ир. с ы н . *Анық, айқын, ашық, әйгілі, белгілі.*

**Паш болды.** *Жария болды, белгілі болды, тарады.* **Паш етті [қылды].** а) *Көпке белгілі, мәлім болды, сырын ашып берді.* ә) *Атын қалдырды.* б) *Дәріптеді.*

**ПАША** ир. з а т . қ о ғ . *Осман сұлтандығындағы азаматтық және әскери атақ.*

**ПАШАҚ** ир. з а т . ж е р г . **1.** *Қауын-қарбыз тұқымы.* **2.** *Қауын-қарбыздың қабығы.*

**ПАШПЫРТ: пашпырты бітті.** с ө й л . *Жағдайы нашарлады, халі мүшкіл болды, саудасы бітті.*

**ПАШТАШ** з а т . ж е р г . *Тыңайтылған жер.*

**ПАШТЕТ** [нем. Pastete] з а т . т а м а қ . *Алдын ала пісірілген мал, балық еттерінің ұсақталып, тартылып, оларға май мен дәмдеуіштер қосылған тағамның түрі.*

**ПАШЫН** з а т . ж е р г . *Буған қамыс.*

**ПАШЫР: пашыр еткізді.** *Пашырлатты, қарш еткізіп шайнады.*

**ПАШЫРЛА=** е т. *Пашыр-пұшыр ету, патырлау.*

**ПАШЫРЛАТ=** е т. *Қатырлату, патырлату, бырт-бырт еткізу.*

**ПАШЫРЛАТУ** *Пашырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ПАШЫРЛАУ** *Пашырла етістігінің қимыл атауы.*

**ПАШЫР-ПҰШЫР** е л і к. *Пашырлаған, партылдап шыққан қатты дыбысты бейнелейтін сөзқолданыс.*

**Пашыр-пұшыр еткізді.** *Пашырлатты, патырлатты.*

**ПАЯ** ир. з а т . **1.** *Өсімдік сабағы.* **2.** ж е р г . *Егіннің (бидай, жүгері, тарыны) орып алғаннан кейін қалғаны.*

**ПАЯПАРЛАН=** е т. *Шабалану, байбалам салу.*

**ПАЯПАРЛАНУ** *Паяпарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘДЕР** ир. **: пәдеріңе нәлет.** жерг. қарап. *Атаңа нағылет (нәлет).*

**ПӘЙВАНДӘКІЛ** зат. жерг. кәс. *Будандастырылған өрік (ағаш).*

**ПӘЙЕК** зат. сөйл. *Паек*[2].

**ПӘЙКЕ** зат. *Бұғының танасы.*

**ПӘЙКЕЛ** зат. жерг. *Маралдың тайыншасы.*

**ПӘЙТ** зат. көне. *Белгілі бір бағыт, нысана.*

**ПӘЙТТЕ=** ет. жерг. *Бағдарлау, ыңғайлау.*

**ПӘЙТТЕУ** *Пәйтте етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘЙІТ** зат. ескі кіт. *Жөн, ыңғай, рет.*

**ПӘЙІТТІ** сын. *Жөнді, ыңғайлы.*

**Пәйітті жер.** *Тиісті орын, реті келген жер.*

**ПӘК** ир. сын. **1.** *Таза, адал, шынайы; кіршіксіз.* **2.** *Адал, бүлінбеген, бұзылмаған.* Пәк сезім. поэт. *Таза, кіршіксіз пейіл, көңіл.*

**ПӘКЕНЕ** сын. жерг. *Бойы қысқа, қортық, аласа.*

**ПӘКИЗА** сын. *Пәк, таза текті.*

**ПӘКТІК** сын. **1.** *Тазалық, адалдық, күнәсіздік.* **2.** *Шындық, адалдық.*

**ПӘКІ** зат. жерг. ***Ұстара.***

**ПӘКІЗЕ** [ир. پاکیزه] сын. жерг. *Таза, кіршіксіз, бұзылмаған, пәк.*

**ПӘКІЗЕЛЕ=** ет. *Тазалау, аршу.*

**ПӘКІЗЕЛЕУ** *Пәкізеле етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘКІЗЕЛІК** зат. *Тазалық, адалдық, кіршіксіздік.*

**ПӘЛДЕН=** ет. сөйл. ***Бәлдену.***

**ПӘЛДЕНУ** *Пәлден етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘЛЕ**[1] [ар. بلاء] зат. **1.** *Шатақ, дау-жанжал, бәле-жала.* **2.** *Қырсық, кесел, кесапат.* **3.** *Ауру, індет.* **4.** миф. *Әлдебір қорқынышты нәрсе, адам шошырлық құбыжық, жын-шайтан.*

**Пәлеге жолықты.** *Басын дау-жанжалға салды, қырсыққа тап болды, әуреге түсті.* **Пәлеге қалды.** *Қырсыққа жолықты, басына пәле болып кезікті.* **Пәлеге ұшырады.** *Басы бәлеге қалды, істі болды, дауға қалды.* **Пәледен машайық қашыпты.** *Басқа кесірі, қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр деген мағынада.* **Пәледен сақтады.** *Кесір-кесепаттан аман алып қалды, жамандықтан қорғады.* **Пәле жапсырды.** *Орынсыз кінә тақты, қаралады.* **Пәле жапты.** *Нақақтан күйдіріп жала жапты, айып тақты, жамандық жасады, кінәлады.* **Пәле жауғызды [жаудырды].** *Жамандықты бастан асыра үйіп-төкті, жауыздықты, қастандықты үдетті.* **Пәле жуытпады.** *Жаладан қорғады, жамандықты маңайлатпады.* **Пәле қайдан дерің бар ма.** *Жамандық, кесапат аяқ астында.* **Пәле қуды.** *Жамандық, арамдық ойлады.* **Пәле қылды.** *Шатақ шығарды, дау-жанжал іздеді.* **Пәленің отын өргізді.** *Пәлені тоғытты, өршітті.* **Пәле оралды.** *Дау, жанжал болды, кесір болды.* **Пәле салды.** *Жала жапты, шатақ қылды.* **Пәлесі жұқты.** *Кесірі тиді, қырсығы шалды.* **Пәле шақырды [терді, іздеді].** *Шатақ жасады, жамандық, дау-жанжал туғызды.* **Пәле шығарды.** *Бүлік шығарды, шатақ жасады.* **Пәле іздеді.** *Біреуге жамандық ойлады.*

**ПӘЛЕ**[2] [ар. بلاء] сын. сөйл. *Еті тірі, пысық, пәлекет, қу.*

**ПӘЛЕ-ЖАЛА** зат. **1.** *Өтірік-өсек, жаманат, жала.* **2.** *Жамандық, кесепат, қырсық.*

**ПӘЛЕК**[1] [ир. فلك] зат. *Қауын-қарбыз, асқабақ, қияр тәрізді өсімдіктердің сабағы, көлбей өскен өркені.*

**ПӘЛЕК**[2] [ар. پله] зат. *Көк, аспан, көк күмбезі.*

**ПӘЛЕКЕТ** [ар. فلاكة] зат. сөйл. ***Бәлекет.***

**ПӘЛЕКЖИНАУЫШ** зат. тех. *Орылған пәлекті жинайтын мәшине.*

**ПӘЛЕККӨЖЕ** зат. тамақ. *Қайнатылған көкөністен, квастан және балықтан дайындалған салқын, сұйық тағам.*

**ПӘЛЕКТҰТҚЫ** зат. *Су бетіне көтерілген көкөніс жапырақтарын бөліп алып тастайтын механизм.*

**ПӘЛЕКТУРАУЫШ** зат. тех. *Пәлекті малға берер алдында немесе сүрлемге салар алдында турайтын мәшине немесе тетік.*

**ПӘЛЕҚОР** [ир. بلاخوار] сын. *Жалақор, пәле қуғыш, пәле іздегіш.*

**Пәлеқор көзді.** *Жаласы дайын даукес, көргенге көз дауы бар кісі.*

**ПӘЛЕҚОРЛЫҚ** зат. *Жалақорлық, пәле қуғыш, пәле іздегіш мінез.*

**ПӘЛЕЛІ** сын. *Пәлесі мол, дау-шары, кесапаты, қырсығы мол.*

**Пәлелі жерге бармақ сұқпа.** *Басқа кесірі, қырсығы тиетін істен, (кісіден) аулақ жүр деген мағынада.* **Пәлелі сөз.** *Кесапат, кесір сөз, дау-дамайға толы әңгіме.*

**ПӘЛЕЛІК** зат. **1.** *Дау-шарлық, жанжал іс, пәле қуушылық.* **2.** *Ниеті жаман адамға тән қулық, сұмдық, жамандық.*

**ПӘЛЕН** [ар. فلان] есім. **1.** *Сол, сондай, сол бір.* **2.** *Әлдебіреу, әлдекім, белгісіз адам.*

**Пәлен демеді.** *Тіс жарып сөйлемеді, түк айтпады, аузын ашпады.* **Пәлен дерлік.** сөйл. *Айтарлықтай, соншалықты.*

**ПӘЛЕНБАЙ** есім. *Бірталай, біршама, қаншама.*

**ПӘЛЕНДЕЙ** үст. *Айтарлықтай, дегендей, оншама, соншалықты.*

**ПӘЛЕНДЕЙ-ТҮГЕНДЕЙ** сын. *Анадай-мынадай, айтарлықтай, дегендей.*

**ПӘЛЕН-ПӘШТУАН** е с. *Анау-мынау, пәлен-түген.*

**ПӘЛЕН-ТҮГЕН** е с. *Анау-мынау, пәлен-пәштуан.*

**ПӘЛЕНШЕ** есім. **1.** *Әлдекім, біреу, пәлен адам, әлдебір нәрсе.* **2.** *Бірсыпыра, кейбір (орын, жер).* **3.** *Әлдебір көп мезгіл, ұзақ уақыт.* **4.** *Бірталай, әжептәуір (қашықтық).*

**ПӘЛЕНШЕКЕ** есім. жағымсыз. *Жасы үлкен немесе беделді біреу, әлдекім.*

**ПӘЛЕНШЕ-ТҮГЕНШЕ** есім. *Пәлендей -түгендей, анадай-мынадай.*

**ПӘЛЕТТЕ=** ет. жерг. *Балағаттау.*

**ПӘЛЕТТЕУ** *Пәлетте етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘЛСАПА** [ар. فلسفه] зат. сөйл. ***Философия.***

**ПӘЛСАПАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Философиялық.***

**ПӘЛІ** од. сөйл. ***Бәлі.***

**ПӘМ**[1] зат. жерг. *Белгілі дәрежедегі шама, әл.*

**ПӘМ**[2] зат. жерг. *Бір істің мән-мәнісі, мазмұны.*

**ПӘМ**[3] зат. ескікіт. *Пайым, байқау.*

**ПӘМДЕ=** ет. жерг. *Шамалау, мөлшерлеу.*

**ПӘМДЕН=** ет. *Ойланып сөйлеу, шамалап бағдарлау.*

**ПӘМДЕНУ** *Пәмден етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘМДЕУ** *Пәмде етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘМДІ** сын. жерг. *Қадірлі, құрметті.*

**ПӘМІЛ: пәміл шай.** жерг. *Қағазға оралған 250 гр. тақта шай.*

**ПӘН** [ар. فن] зат. **1.** пед. *Мектеп оқушыларына арналған білімнің бір саласы, жеке сабақ.* **2.** көне. *Ғылым.*

**ПӘНАРАЛЫҚ** сын. *Пәндерді өзара байланыстыратын, пәндер аарсындағы.*

**Пәнаралық байланыс.** пед. *Мектепте өтетін сабақтарды өзара тығыз, байланыста өткізу тәсілі.*

**ПӘНДЕ** зат. сөйл. ***Пенде.***

**ПӘНДІК** сын. *Әрбір жеке пәнге лайық, соған арналған, белгілі бір пән өтетін.*

**ПӘНЕР** зат. сөйл. ***Фанера.***

**ПӘНЖА** зат. саят. *Бүркіттің шеңгелі.*

**ПӘНИ** зат. сөйл. *Өмір, дүние, тіршілік. // Опасыз.*

**Пәни дүние.** діни. *Тұрағы жоқ, баянсыз, өткінші дүние (жалған).* **Пәнидің жүзі.** *Бұл дүниеде [«пәни» деген о баста өзгермелі, құбылмалы, опасыз деген мағынада айтылған].* **Пәнидің жүзінде.** көне. *Өмірде, тіршілікте, дүниеде.*

**ПӘНИЛІК** зат. сөйл. **1.** *Жалғандық, өткінші, опасыздық.* **2.** *Күнделікті тіршілік қамына тән, тұрмыстық.*

**ПӘҢГІ**[1] ир. сын. *Апиын тартқыш, құмарпаз, нашақор.*

**ПӘҢГІ**[2] зат. жерг. *Есектің еркегі, әңгі.*

**ПӘР** ир. зат. **1.** *Жарқындық, сәнділік, салтанаттылық.* **2.** *Сұлулық, әдемілік, көркемділік.*

**Пәр ашты.** а) *Сұлуланды, нұрланды, әдемilenді.* ә) *Көңілін көтерді, масаттандырды.* **Пәрін ашты.** *Көрік берді, сұлуландырды өңін кіргізді.*

**ПӘРАМАШ** зат. тамақ. *Ішіне ет салып майға пісірген дөңгелек күлше нан.*

**ПӘРЕ** зат. сөйл. ***Пара.***

**ПӘРЕ-ПӘРЕ** үст. сөйл. ***Пара-пара.***

**Пәре-пәресі шықты.** *Дал-дұл болды, жыртылды.*

**ПӘРЗАҚ=** ет. ескікіт. *Рақаттану.*

**ПӘРМАН** зат. ескікіт. ***Пәрмен.***

**ПӘРМЕН** ир. зат. **1.** *Қарқынды екпін, күш, қайрат-жігер, тегеурінді қуат.* **2.** *Әмір, бұйрық, тиісті жарлық.*

**Пәрмен етті.** *Бұйырды, жарлық етті.* **Пәрмен қылды.** а) *Әмір берді, бұйырды, жарлық етті.* ә) *Тіледі, жалбарынды.* **Пәрмені күшті құдай-ай.** діни. *Құдіреті күшті Жаратқан ие деген мағынада.*

**ПӘРМЕНДЕ=** ет. *Екпіндеу, қайрат-күші, қуаты тасу, қарқындау.*

**ПӘРМЕНДЕТ=** ет. *Екпіндету, қатты жүйткіту.*

**ПӘРМЕНДЕТТІР=** ет. *Екпіндеттіру, жылдамдаттыру.*

**ПӘРМЕНДЕТТІРУ** *Пәрмендеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘРМЕНДЕТУ** *Пәрмендет етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘРМЕНДЕУ** *Пәрменде етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘРМЕНДІ** сын. **1.** *Қарқынды, қажырлы, қуатты.* **2.** *Әсері күшті.* **3.** *Тез, жылдам.*

**ПӘРМЕНДІЛІК** з а т . **1.** *Қарқындылық, қуаты молдық, екпіні күштілік, екпінділік.* **2.** *Әсерлілік, нәтижелілік, мақсаттылық.*

**ПӘРМЕНДІРЕК** с ы н . *Қарқындырақ, қуаттырақ, күштірек, белсендірек.*

**ПӘРМЕНЕ: пәрмене болды**. ж е р г . *Өліп-өшті, жанын қиды, сарп етті.* **Пәрмене болып күтті.** *Асты-үстіне түсіп, барынша, бар көңілмен ықыластана күтті.*

**ПӘРМЕНСІЗ** с ы н . *Қарқыны жоқ, күш-қайраты кем; қауқарсыз, әлсіз.*

**ПӘРМЕНСІЗДЕУ** с ы н . *Күшсіздеу, қауқарсыздау, әлсіздеу.*

**ПӘРМЕНСІЗДІК** з а т . *Қарқынсыздық, қауқарсыздық, күш-қайраты аздық.*

**ПӘРМЕНШІ** з а т . *Әмірші, жарлық беруші.*

**ПӘРМЕНІНШЕ** ү с т . **1.** *Бар екпінімен, бар күшімен, бар қарқынымен.* **2.** *Жан-тәнімен, құлай, бар ықыласын салып.*

**ПӘРНЕК** з а т . ж е р г . *Аққұман, шәйнек.*

**ПӘРПІ**: **пәрпін төсер періште.** к ө н е . *Салтанат, сұлулыққа бөлеу.*

**ПӘРУАЙ** [ир.[1] پروا] з а т . *Сана, сезім, ес, қапер.*

**Пәруайына ілмеді.** *Назарына алмады, елемеді.*

**ПӘРУАЙСЫЗ** с ы н . *Қамсыз, қаперсіз.*

**ПӘРУАЙСЫЗДЫҚ** з а т . *Қамсыздық, қаперсіздік.*

**ПӘРУАНА**[1] [ир. پروانه] з а т . *Түнде отқа түсетін «жынды» көбелек.*

**Пәруана болды.** *Жаны шығып, қамқоршы болды, жанын құрбан етуге дайын болды.*

**ПӘРУАНА**[2] з а т . **1.** тар. *Бұйрық.* **2.** *Бұйрыққа басылатын мөр.*

**ПӘРУАНАШЫ** з а т . *Шығыс халықтарындағы бас қызметкерлердің бірі – бас хатшы, мөрбасы қызметін атқарушы.*

**ПӘРУАР** [ир. پرور] з а т . *Тәрбиеші, жетекші, сүйеуші, алға бастаушы.*

**ПӘРУАРДИГЕР** з а т . ***Пәруардігер.***

**ПӘРУАРДІГЕР** [ир. پروردگار] з а т . д і н и . *Жаратушы Алла, Құдай.*

**ПӘРУАСЫЗ** с ы н . е с к і к і т . *Пәруайсыз.*

**ПӘРУӘР** з а т . д і н и . е с к і к і т . ***Пәруар.***

**ПӘРУӘРДІГАР** з а т . д і н и . е с к і к і т . ***Пәруардігер.***

**ПӘС**[1] з а т . э т н . *Шашақты биік тақия.*

**ПӘС**[2] з а т . *Бір затқа тән қадір-қасиет, құн, баға.*

**Пәсі қайтты.** *Көңілі қалды, десі қайтты.* **Пәсін басты**. *Десін қайтарды, көңілін қалдырды.*

**ПӘС**[3] [ир. پست] с ы н . **1.** *Биік емес, аласа, төмен.* **2.** а у ы с . *Нашар, кем, төменшік.* **3.** а у ы с . *Жабырқау, көңілсіз, басыңқы.*

**Пәс болды**. *Басылды, ада болды, тынышталды.* **Пәс көңіл.** *Көңіл күйі төмен.* **Пәс қалды.** *Төмендеп қалды, төменшіктеді.* **Пәс тартты**. *Қабаржыды, солғындады.*

**ПӘС: бір пәс**. *Сәл ғана уақыт, бір сәт.*

**ПӘСЕЙ=** е т. **1.** *Аласару, кішірею.* **2.** а у ы с . *Басылу, бәсеңсу, босаңсу.*

**ПӘСЕЙТ=** е т. *Аласарту, кішірейту.*

**ПӘСЕЙТУ** *Пәсейт етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘСЕҢДЕ=** е т. с ө й л . *Басылу, жабырқау.*

**ПӘСЕЮ** *Пәсей етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘСТЕ =** е т. *Төмендеу, азаю.*

**ПӘСТЕН =** е т. *Көңіл-күй төмендеу, жабырқану.*

**ПӘСТЕТ=** е т. ж е р г . **1.** *Баяулату, бәсеңдету.* **2.** *Азайту, кеміту.*

**ПӘСТЕУ** с ы н . **1.** *Аласалау, пәкенелеу, төмендеу.* **2.** а у ы с . *Нашарлау, олқылау, солғындау.*

**ПӘСТІК** з а т . **1.** *Биік емес, аласалық, пәкенелік, төмендік.* **2.** а у ы с . *Нашарлық, деңгейі төмендік, олқылық.* **3.** а у ы с. *Арамдық, жаман ой.*

**ПӘСІРЕК** с ы н . *Төмендеу, аласалау.*

**ПӘТ** з а т . *Күшті, адуынды қарқын, қуат-ты екпін.*

**Пәті қайтты**. *Қарқыны кеміді, беті қайтты, көңілі қалды.*

**ПӘТЕР** з а т . **1.** *Қаладағы тұрғын үй, көпқабатты тұрғынжайдың ішіндегі бір отбасыға арналған үй.* **2.** *Жалға алып тұратын үй.*

**Пәтер тойы.** *Жаңадан тұрғын үй алуды тойлау, қоныстой.*

**ПӘТЕРАҚЫ** з а т . **1.** *Тұрғын үйге ай сайын төленетін коммуналдық төлем.* **2.** *Жалға алған үйдің иесіне төленетін төлем.*

**ПӘТЕРЛЕС** с ы н . *Пәтері, үйі қатар, көршілес.*

**ПӘТЕРЛІ** с ы н . **1.** *Бірнеше пәтері бар, пәтері көп.* **2.** *Пәтері бар, пәтер алған.*

**ПӘТЕРЛІК** с ы н . *Пәтерден тұратын, пәтерге арналған.*

**ПӘТЕРСІЗ** с ы н . *Пәтері жоқ, үйсіз.*

**ПӘТЕРШІ** з а т . *Пәтерді жалға алушы, пәтерде тұрушы адам.*

**ПӘТКЕРДЕ** [ир. بدكردر] з а т . ж е р г . *Айыпты, күнәкар.*

**Пәткерде болды**. *Айыпты, кінәлі сезінді.*

**ПӘТТЕЛЕ=** е т. ж е р г . *Қаттау, реттеу.*

**ПӘТТЕЛЕУ** *Пәттеле етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘТУА** [ар. فتوى] з а т . **1**. *Белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде, нәтижелі тоқтам, шешім.* **2.** *Береке, тиянақ.* **3.** д і н и . *Ислам дінінде белгілі бір іске, мәселеге байланысты дінбасының шығарған қарары, тоқтамы, шешімі.*

**Пәтуа байласты.** *Келісімге келісті, бір шешімге тоқталысты.* **Пәтуаға жүгіну.** *Тоқтамға келу, тиянақтау.* **Пәтуаға келді.** *Келісті, тоқтамға келді.* **Пәтуасы кетті**. *Берекесі, мәнісі кетті.*

**ПӘТУАЛА=** е т. *Растау, мақұлдау.*

**ПӘТУАЛАС=** е т. *Уәделесу, келісу, бір сөзге тоқтасу.*

**ПӘТУАЛАСТЫР=** е т. *Бітімге, келісімге келтіру.*

**ПӘТУАЛАСТЫРУ** *Пәтуаластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘТУАЛАСУ** *Пәтуалас етістігінің қимыл атауы; бітімге келу, шешімге тоқтау.*

**ПӘТУАЛАУ** *Пәтуала етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘТУАЛЫ** с ы н . **1**. *Нәтижелі, келісімді, шешімді.* **2.** *Уәдеде нақ тұратын, бір сөзді, тиянақты, уәдеге берік.* **3**. *Ісіне тиянақты, тұрақты, берекелі.*

**ПӘТУАСЫЗ** с ы н . **1.** *Тұрақсыз, тиянақсыз, табансыз, уәдеде тұрмайтын.* **2.** *Берекесі, дәйегі жоқ, бітімсіз, тоқтамсыз.* **3.** *Бостан босқа, еш себепсіз.* **4.** *Мән-мағынасы жоқ, жөн жосықсыз.*

**ПӘТУАСЫЗДАН=** е т. *Қадір-қасиетін жоғалту, тиянағы кету.*

**ПӘТУАСЫЗДАНУ** *Пәтуасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘТУАСЫЗДЫҚ** з а т . *Табансыздық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық, тиянақсыздық.*

**ПӘТШАҒАР** з а т . с ө й л . ***Патшағар.***

**ПӘТІР** з а т . с ө й л . ***Бәтір** (ашымаған қамырдан пісірген нан).*

**ПӘУЕСКЕ** [ор. повозка] з а т . *Төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған, күймелі жеңіл арба.*

**ПӘУЕСКЕЛЕТ=** е т. *Пәуескемен сән түзеп жүру.*

**ПӘУЕСКЕЛЕТУ** *Пәуескелет етістігінің қимыл атауы.*

**ПӘУЕСКЕЛІ** с ы н . *Пәуеске мінген, пәуескелері бар.*

**ПӘУЕСКЕСІЗ** с ы н . *Пәуескесі жоқ, пәуеске мінбеген.*

**ПӘҺАМ** з а т . е с к і к і т . *Пайым.*

**ПЕ** ш ы л . *Ба, па сұраулық шылауының фонетикалық жіңішке варианты.*

**ПЕГАС** з а т . ә д е б. *Пырақ, қанатты ат, ақындық өнердің символы саналатын мифтік бейне.*

**ПЕГГИНГ** з а т . э к о н . *Бағалы қағаз, тауар не валюта бағасын нарыққа араласу арқылы тұрақтандыру.*

**ПЕГМАТИТ** з а т . г е о л . **1.** *Кварц пен дала шпатының дұрыс өскіндерінен тұратын минерал түзілім.* **2.** *Негізінен жыныс түзетін минералдардан құралып, сирек металдар мен тез ұшқыш заттармен байытылған ірі түйіршікті атқыланған тау жынысы.*

**ПЕГМАТОИД** з а т . г е о л . *Интрузиялық жыныстың жазбалық құрылымсыз ірі түйірлі фациясы.*

**ПЕДАГОГ** з а т . п е д . <грек. paidagogs> *Мектепте, техникумдар мен училищелерде, жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларға білім, тәрбие беретін оқытушы, мұғалім.*

**ПЕДАГОГИКА** з а т . п е д . <грек. paida – бала, gogos – жетектеуші> *Оқыту, білім беру және тәлім-тәрбие жұмысын жүргізудің әдістемесі туралы ғылым.*

**Педагогика институты.** п е д . *Жоғары білімді педагог мамандарды даярлайтын оқу орны.* **Педагогика курсы.** *Педагогика саласы бойынша оқытылатын курс.* **Педагогика теориясы.** *Тәрбиелеу мен оқытудың мәні, мақсаты, қағидалары мен мазмұны жайындаы көзқарастардың жүйесі.* **Педагогика училищесі**. *Бастауыш сынып (1–4) мұғалімдерін, мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерін даярлайтын арнаулы орта оқу орны.* **Педагогика факультеті**. *Педагогика пәні бойынша мамандық беретін факультет.*

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ** с ы н . *Педагогика саласына тікелей байланысты, педагогикаға қатысты.*

**Педагогикалық ғылымдар.** *Оқу-ағарту, оқыту, әдістеме ғылымдары.* **Педагогикалық кеңес [совет].** п е д . *Мектеп, техникум, училищелердегі ұжымды басқару және сол мекемелерінің маңызды мәселелерін кеңеске салып, шешіп отыратын басқару орны.* **Педагогикалық курс.** *Ауылдық және селолық қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді оқу жүйесі.* **Педагогикалық оқу.** а) *Мектеп мұғалімдерінің өз пәндерін оқытудағы пікір-тәжірибелерін, педагогиканың теориялық және практикалық мәселелерін сөз етіп, пікір*

*алысатын жиындары.* ә) *Мұғалімдер, халық ағарту жүйесі қызметкерлерімен және ата-аналармен жыл сайын өткізілетін кеңес.* **Педагогикалық практика.** пед. *Жоғары оқу орындарының студенттерінің алған ғылыми-теориялық білімдерін және практикалық дайындықтарын педагогтік қызметте қолдануға үйрететін оқу процесінің бір бөлімі.* **Педагогикалық такт.** пед. *Оқушылармен қарым-қатынаста педагогтың өнеге құралдарын тиімді пайдалана білуі.* **Педагогикалық энциклопедия.** *Педагогикалық ғылыми түсініктер жинақталған анықтамалық.*

**ПЕДАГОГТІК** сын. *Мұғалімдік, оқытушылық, тәрбиешілік.*

**ПЕДАЛЬ** зат. *Мәшине-трактордағы аяқпен басатын тетік.*

**ПЕДАНТИЗМ** зат. *Басы артық нысаншылдық, ұсақ-түйеккке ерекше мән беру.*

**ПЕДИАТР** зат. мед. *Балалар ауруын емдейтін дәрігер, балалар дәрігері.*

**ПЕДИАТРИЯ** [грек. paidos – бала, iatreia – емдік] зат. мед. *Медицина ғылымының бала ауруларын емдеу және оларды зерттеу туралы саласы.*

**ПЕДИАТРИЯЛЫҚ** сын. *Педиатрияға қатысты, педиатрияға тән.*

**ПЕДИКЮР** [лат. pedis – аяқ, curare – күтім] зат. *Аяқ тырнақтарының арнайы күтімі.*

**ПЕДИПЛЕН** зат. геол. *Тегістелген, шамалы еңіс (3-5°), таулар мен қырат жазықтар шеттеріндегі жазықтық.*

**ПЕДИПЛЕНДЕН=** ет. геол. *Негізінен аңғар жүйелерінің төменгі бөліктерінен басталатын бедердің біршама тегістелуі.*

**ПЕДИПЛЕНДЕНУ** *Педипленден етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕЙДЖЕР** [ағыл. pager] зат. *Мәтіндік, сандық және тональді ақпараттарға кодталған хабарламаларды қабылдайтын құрылғы.*

**ПЕЙДЖИНГ: пейджинг байланысы.** инф. <ағыл. page – парақ> *Сөзбен берілген ақпаратты қабылдап, оны экранында (таблосында) әріп-цифрлардан тұратын мәтін түрінде көрсететін шағын радиоқабылдағыш пен (пейджер) пейджерлік орталық операторы арқылы жүзеге асатын байланыс.*

**ПЕЙЗАЖ** [франц. paysage] зат. **1**. өнер. *Табиғат көрінісін бейнелеген сурет, картина және табиғатты көркем тілмен суреттеу.* **2.** *Табиғаттың сұлу көрінісі.*

**ПЕЙЗАЖДЫ** сын. *Табиғат көріністерін суреттеген.*

**ПЕЙЗАЖДЫҚ** сын. өнер. *Пейзажға тән, пейзажға қатысты.*

**ПЕЙЗАЖИСТ** [франц. paysagiste] зат. өнер. *Табиғат көріністерін көркем бейнелейтін маман, суретші, жазушы.*

**ПЕЙНТБОЛ** [ағыл. paintball] зат. спорт. *Мақсаты бояумен ататын қаруы бар қарсыласты жеңу болып табылатын командалық ойын.*

**ПЕЙНТБОЛИСТ** зат. спорт. *Пейнтболдағы ойыншы.*

**ПЕЙНТКЛУБ** [ағыл. paintclub] зат. спорт. *Пейнтбол ойынын ойнауға арналған клуб.*

**ПЕЙІЛ**[1] [ар. فعل] зат. *Ниет, пиғыл, ықылас, көңіл.*

**Пейілге жару.** *Ықыласқа бөлену.* **Пейілдің күнгейі.** бейн. *Қамқорлық, үлкен жүректілік, жақсылық.* **Пейіл көрсетті.** *Ниетін білдірді, байқатты.* **Пейілі ауды**. *Көңілі кетті, ықыласы, назары түсті.* **Пейілі ашық.** *Көңілі, пиғылы таза.* **Пейілі бұзық**. *Ниеті жаман, қараниет, арам пікірлі.* **Пейілі бұзылды.** *Ниеті қарайды, ықыласы өзгерді, ойы жамандыққа ауысты.* **Пейілі кең**. *Қолы ашық, мырза, жомарт, ақкөңіл.* **Пейілі кеңейді.** *Қолы ашылды, дарқан тартты.* **Пейілі қас.** *Өш, қоштамайды деген мағынада.* **Пейілінен тапты**. *Арам, қараниет пиғылы үшін сазайын тартты.* **Пейілін кеңге салды**. а) *Таршылық, сараңдық қылмады.* ә) *Кеңшілік жасады, кешірім етті.* **Пейілі тар**. а) *Сараң, қытымыр.* ә) *Ниеті жаман, қараниет, қызғаншақ.* **Пейілі түсті**. *Ықыласы, назары ауды.*

**ПЕЙІЛ**[2] сын. *Ынтық, құмар, бейім, дайын.*

**ПЕЙІЛДЕН=** ет. *Ықыластану, бар ниетімен көңілдену.*

**ПЕЙІЛДЕНДІР=** ет. *Көңілін аулау, көңілдендіру.*

**ПЕЙІЛДЕНДІРУ** *Пейілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕЙІЛДЕНУ** *Пейілден етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕЙІЛДЕС** сын. *Ниеттес, көңілдес, ықылас-тілегі бір, тілеулес.*

**ПЕЙІЛДІ** сын. *Ықылас, көңілі кең, адал ниетті.*

**ПЕЙІЛСІЗ** сын. *Ынтасыз, ықылассыз, көңілсіз.*

**ПЕЙІЛ-ЫҚЫЛАС** зат. *Ынта-жігер, адал көңіл.*

**ПЕЙІШ** [ир. بهشت] зат. **1.** діни. *Жұмақ, жаннат.* **2.** ауыс. *Керемет ғажап нәрсе, рақат.*

**ПЕЙЭНВЕЛОП** зат. *Қызметкерге берілетін, жалақы салынған конверт.*

**ПЕК** зат. хим. *Тас көмірді, шымтезекті немесе ағашты, қара майды, сонымен қатар мұнай шайырын айдағанда қалған қалдық.*

**ПЕКТИН** [грек. pēktos] зат. биол. *Өсімдіктердің жасуша құрамында кездесетін органикалық зат.*

**ПЕКТИНДІ** сын. биол. *Пектині бар, пектин қосылған.*

**ПЕКТУССИН** зат. мед. *Термопсисс, апиын суларынан, анис майы мен ментол майынан жасалған жөтелге қарсы ішетін дәрі.*

**ПЕЛАГИАЛЬ** [грек. pelagos] зат. биол. *Көл, теңіз, мұхит суының пелагиальағзалар (планктон, нектон) тіршілік ететін жоғары қабаты.*

**Пелагиаль шөгінділер.** геол. *Планктондық ағзалардың қалдықтарынан, құрлықтан келіп түсетін ұсақ минералды бөлшектерден, теңізде өтетін химиялық процестер өнімдерінен тұратын ашық теңіз тұнбалары.*

**ПЕЛАГИЯЛЫҚ: пелагиялық уылдырық.** биол. *Су қабатының арасында не су бетінде жүзіп жүретін, тығыздығы аз уылдырық.*

**ПЕЛЕНГ** [гол. peiling] зат. физ. *Тұсбағдардың магнитті тілінің бағдарымен қажетті зат көрінген я дауыс, дыбыс шыққан жақтың арақатысы.*

**ПЕЛЕНГАТОР** зат. *Пеленгімен шұғылданушы яки жау жағының сигналын, хабарын ұстаушы маман.*

**ПЕЛЕНГАЦИЯ** [гол. peiling] зат. *Пеленгімен анықтау; туралап есептеп шығару ісі.*

**ПЕЛЕНГІЛЕ=** ет. *Тұсбағдар тілінің бағытымен кез келген зат немесе естілген дыбыс бағытының арасындағы бұрышты анықтау.*

**ПЕЛЕНГІЛЕУ** *Пеленгіле етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕЛИТОЛИТ** зат. геол. *Құрамбөлігінің жартысына жуығы пелитті бөлшектерден тұратын шөгінді (тұнба) таужыныс.*

**ПЕЛИТТЕНУ** зат. геол. *Дала шпаттарының алғашқы өзгеріс сатысы.*

**ПЕЛЛАГРА** [итал. pelle agra] зат. мед. *Дәрумен жетіспеушіліктен болатын ауру.*

**ПЕЛЛИКУЛА** зат. биол. *Бір-бірінен оқшауланған қос мембранадан тұратын кебісшенің сыртқы қабықшасы.*

**ПЕЛЬМЕН** [ор. пельмени] зат. ***Тұшпара.***

**ПЕЛЬМЕНХАНА** зат. *Тұшпарахана, тұшпара жасап сататын асхана.*

**ПЕМЗА** [лат. pumex] зат. кен. *Шыны тәріздес жанартаулық тау жынысы.*

**ПЕН** шыл. *Бен, мен жалғаулық шылауларының фонетикалық варианты.*

**ПЕНАЛ** [нем. Pennal] зат. *Оқушылардың қалам, қарындаш салатын қутысы.*

**ПЕНАЛЬТИ** зат. **1.** спорт. *Айып добы.* **2.** *Тұрақсыздық айыбы, шат міндеттемелері орындалмаған жағдайда қолданылатын ықпалшаралардың бірі.*

**ПЕНГЕ** зат. *Венгрияның 100 филлерге тең ақша өлшемі.*

**ПЕНДЕ** [ир. بنده] зат. **1.** *Тірі жан, адам, кеудесінде жаны бар тіршілік иесі.* **2.** діни. *Құдайдың құлы.*

**Пенде болды.** а) *Мүсәпір, кіріптар жайға түсті.* ә) *Қолды болды, тұтқынға түсті.* **Пенде қолы тимеген.** *Ешкім тимеген, таза.* **Пенде қылды.** *Бағыныштыз, тәуелді етті.* **Пенденің тілін алмады.** *Жан адамды тыңдамады, ешкімнің сөзін құлағына ілмеді.*

**ПЕНДЕЛІК** зат. сөйл. ***Пендешілік.***

**Пенделік жібі.** бейн. *Пенделік тұсауы; пендешілікке салыну.* **Пенделік жібіне тұсалды.** *Тұрмыс тауқыметіне төзе алмай, жаман қылықтарға бой ұрды.* **Пенделікке ұстатпайды.** *Пенделікке бой бермеді.*

**ПЕНДЕШЕ** үст. *Пенде сияқты, пендеге ұқсап.*

**ПЕНДЕШІЛДІК** зат. сөйл. ***Пендешілік.***

**ПЕНДЕШІЛІК** зат. **1.** *Пендеге тән осалдық, қателік, күнәкарлық, айыптылық.* **2.** ауыс. *Бекершілік, бос әурешілік.*

**ПЕНЕН** шыл. сөйл. ***Пен.***

**ПЕНЕТРАЦИЯ** зат. кен. *Тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін пішіндері мен өлшемдері түрліше келген ұшкір сұққының грунтқа енуіне көрсетілетін кедергі бойынша анықтау жолы.*

**ПЕНЖЕК** [ор. пиджак] зат. сөйл. *Ер адамның кеудеге киетін киімі.*

**ПЕНЖІРЕ** зат. жерг. *Шамның пияла кіргізетін жері.*

**ПЕНИЦИЛЛИН** зат. мед. *Әртүрлі өсімдіктің көгеріндісінен жасалатын, түрлі микробқа қарсы қолданылатын антибиотик.*

**ПЕННИ** зат. **1.** *Байырғы ағылшын-саксон шақасы.* **2.** *Ұлыбританияның ұсақ тиыны.* **3.** *Финляндияның ұсақ шақасы.*

**ПЕННИН** з а т. х и м. *Қабатты силикаттардың хлорит тобына жататын минерал.*

**ПЕНОПЛАСТ** з а т. х и м. *Поликонденсациялық және полимеризациялық смолаларды түрлі көпіршіктермен араластырып престеу арқылы алынатын зат.*

**ПЕНОПОЛИОЛЕФИНДЕР** з а т. х и м. *Кабельдерді электр оқшаулауға, жүзгіш және құтқарғыш заттар, сүзгіштер, қаптағыштар т.б. жасап шығаруда қолданылатын, полиолефиндер негізіндегі көбікпластар.*

**ПЕНОПОЛИОРГАНОСИЛОКСАНДАР** з а т. х и м. *Авиация және ғарыш техникасында 400°С-та жұмыс істейтін конструкциялардағы жылу және электр оқшаулағыш материалдар ретінде қолданылатын кремнийорганикалық полимерлер негізіндегі көбікпластар.*

**ПЕНОПОЛИСТИРОЛ** з а т. х и м. *Құрылыста жылу және дыбыс оқшаулауға, қаптаушы материал ретінде қолданылатын полистирол немесе стирол қосполимерлері негізіндегі көбікпласт.*

**ПЕНОПОЛИУРЕТАНДАР** з а т. х и м. *Құрамына изоцианаттар, гидроксилді олигомерлер, су, өршіткілер, эмульгаторлар және де басқа да құрауыштар кіретін композициялардан алынатын көбікпластар.*

**ПЕНОФЕНОПЛАСТАР** з а т. х и м. *Отқа төзімді жылу оқшаулағыш материал ретінде құрылыста, кеме және вагон жасауда пайдаланылатын фенолальдегидті шайырлар негізіндегі көбікпластар.*

**ПЕНОЭПОКСИДТЕР** з а т. х и м. *Электр және жылу оқшаулауға, аспаптар жасауда, радиотехникада пайдаланылатын эпоксидті шайырлар негізіндегі көбікпластар.*

**ПЕНСИОНЕР** [франц. pensionnaire] з а т. ***Зейнеткер***.

**ПЕНСИОНЕРЛІК** с ы н. Зейнеткерлік *(пенсионер болған, пенсионерге тән).*

**ПЕНСИЯ** [франц. pensio] з а т. ***Зейнетақы*** *(мемлекетке еңбегі сіңген, зейнеткер жасына жеткен адамдарға және мүгедек болған болмаса асырайтын үй иесінен айырылған азаматтарға берілетін айлық ақша).*

**Пенсияға шықты**. *Зейнетке шықты, құрметті демалысқа кетті .*

**ПЕНСНЕ** [франц. pincener] з а т. *Мұрын қырына кигенде екі жағынан пружинасы қысып ұстап тұратын көзілдірік.*

**ПЕНСНЕЛІ** с ы н. *Көзіне пенсне киген, пенснесі бар.*

**ПЕНТАДЕКАН** з а т. х и м. *Керосин, соляр майы тәрізді мұнай өнімдерінің құрамында болатын қаныққан көмірсутек.*

**ПЕНТАН** з а т. х и м. *Органикалық синтезде еріткіш ретінде пайдаланылатын алифаттық көмірсутек.*

**ПЕНТАПЛАСТ** з а т. х и м. *Химиялық құрылғылар мен құбырларды шегендеуге қолданылатын термопластың ТМД-да қабылданған саудадағы атауы.*

**ПЕНТАЭРИТРИТ** з а т. х и м. *Майлағыш майлар алуда т.б. қолданылатын төрт атомды алифаттық спирт.*

**ПЕНТЕНДЕР** з а т. х и м. *Амил және гексил спирттерін, полимерлер алуда шикізат ретінде қолданылатын изомерлі алкендер.*

**ПЕНТЛАНДИТ** з а т. х и м. *(Fe,Ni)9S8 сульфидтер класына жататын минерал; никельдің негізгі кені.*

**ПЕНТЛАНЦИТ** з а т. х и м. *Түсі – қоладай сары, сызығы жасыл қара, жылтырлығы – металдай, қаттылығы – 3-4, жіктілігі жетілген, меншікті салмағы – 4,5-5, сульфидтер класына жататын минерал.*

**ПЕНТОД** з а т. ф и з. *Катод, анод және қорғаушы үш торы бар бес электродты шам.*

**ПЕНТОЗАЛАР** з а т. х и м. *C5H10O5 молекулаларында көміртектің бес атомы бар моносахаридтер; ашымайтын моносахаридтер.*

**ПЕНТОЗАНДАР** з а т. х и м. *Өсімдік материалдарда болатын, (C5H8O4)т пентозалар молекулаларыныц қалдықтарынан құралған полисахаридтер.*

**ПЕНТХАУС** з а т. қ ұ р ы л. *Жазық шатырға шығатын, үйдің жоғарғы қабаттарында орналасқан көпбөлмелі пәтер.*

**ПЕПСИН** [грек. pepsis] з а т. б и о л. *Сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар және көптеген балық түрінің қарын сөлінде болатын, ақуыз бен пептидтерді ыдырататын фермент.*

**ПЕПТИДТЕГІШТЕР** з а т. х и м. *Біріккен түйіршіктер шоғырын ажырату үшін қолданылатын химиялық заттар.*

**ПЕПТИДТЕР** [грек. peptos] з а т. б и о л. *Амин қышқылдарының өзара қосылысқан тізбектері, органикалық зат.*

**ПЕПТИДТЕ=** е т. х и м. *Ұнтақ заттың бірігуінен құралған шоғырдың қайта ажырауы.*

**ПЕПТИДТЕУ** *Пептидте етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕПТИЗАЦИЯ** з а т. х и м. *Коагуляция кезінде түзілген тұнбаның коллоидты ерітіндіге өтуі түрінде байқалатын өз бетінше жүретін майдалану процесі.*

**ПЕР=** е т. *Қолмен, таяқпен немесе басқа да затпен ұрып жіберу, салып қалу, соғу.*

**Періп жіберді.** *Ұрды, салып қалды.*

**ПЕРГАМЕНТ** [грек. pergamenos] з а т. **1.** *Ертеде қағаз орнына пайдаланылған жас мал терісі, жарғақ.* **2**. *Жарғаққа жазылған ерте дәуірге тән жазу, қолжазба.* **3.** *Дымқылдықты, суды, майды өткізбейтін жылтыр қағаз.*

**Пергамент қағаз.** *Май мен ылғалды өткізбейтін қағаздың түрі.*

**ПЕРГАМЕНТТІ** с ы н. *Пергаменттен істелген, пергаменті бар.*

**ПЕРИ...** *Құрамындағы 1және 8-орынға екі орынбасушы кіретін нафталин туындылары атауларының құрам бөлігі.*

**ПЕРГІЛЕ=** е т. *Соққылау, үсті-үстіне ұрғылау, қойғыштау, тоқпақтау.*

**ПЕРГІЛЕС=** е т. *Бір-бірімен тоқпақтасу, төбелесу.*

**ПЕРГІЛЕСУ** *Пергілес етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРГІЛЕУ** *Пергіле етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРГІЛЕТ=** е т. *Тоқпақтату, төмпештету, соққылату.*

**ПЕРГІЛЕТУ** *Пергілет етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРГІШТЕ=** е т. *Пергілеу, соққылау, төмпештеу.*

**ПЕРГІШТЕУ** *Пергіште етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРҒАУЫН** [ар. فرعون] з а т. **1.** *Ертедегі Мысыр патшаларының атағы, титулы.* **2.** а у ы с. *Әулие, пайғамбар.*

**ПЕРДЕ**[1] [ир. پرده] з а т. **1.** *Есікке, терезеге, театр сахнасына құрылатын шымылдық.* **2.** *Әйелдер бетіне салатын бүркеншік, бет бүркеніш, бет жапқыш; бетперде.* **3.** т е а т р. *Операның, балеттің, драманың бөлімі, акт.* **4.** а у ы с. *Бір нәрсенің жұқа қабыршығы, шарана.* **5**. *Араның балын жинағанда бетке қорғаныш ретінде пайдаланылатын тор, маска.* **6.** а у ы с. *Адамның алдамшы сыртқы пішіні, ішкі сезімді жасыру қабілеті.*

**Перде артында тұру.** *Жасырын нұсқау беру, артта тұрып, басқаларды айдап салу.* **Перде бұзды**. *Бүлік шығарды, шатақ жасады.* **Перде жамылды**. *Жасырынды, тығылды.* **Перде жыртты**. а) *Быт-шытын шығарды, тас-талқан етті.* ә) *Көңіл қалдырды, бет ашты.* **Перде ұстады**. *Бет бүркеді, қорғанды.*

**ПЕРДЕ**[2] з а т. с ө й л. ***Перне***.

**ПЕРДЕЛЕ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің бетін жабу.* **2.** *Бетті көрінбейтіндей, танымайтындай етіп тұмшалау, бетперде кию.* **3**. а у ы с. *Бір нәрсені жасырып бүкпелеу, бүркеу, тасалау.* **4.** а у ы с. *Астарлау, ойын тура айтпай, бүкпелеп сөйлеу.*

**ПЕРДЕЛЕН=** е т. **1**. *Перде тағылу, перде іліну.* **2.** а у ы с. *Бүркелу, орану.* **3.** а у ы с. *Сырын бүгу, астарлау.*

**ПЕРДЕЛЕУ** *Перделе етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРДЕЛІ** с ы н. **1**. *Перде тұтылған.* **2.** ө н е р. *Бір немесе бірнеше бөлім, актіден тұратын.* **3**. а у ы с. *Жасырын, бүкпелі, бүркемелі.*

**ПЕРДЕЛІК** с ы н. **1**. *Перде тігетін, перде жасайтын.* **2**. *Бір бөлімнен тұратын, бір актілік.*

**ПЕРДЕСІЗ** с ы н. **1**. *Пердесі жоқ, перде тұтылмаған.* **2.** а у ы с. *Бүкпесіз, ашықтан-ашық.*

**ПЕРДЕШЕ** з а т. *Үлкен терезе перденің іш жағынан ұстайтын кішкене перде.*

**ПЕРЕН** з а т. э т н. с ө й л. ***Берен мылтық.***

**ПЕРЗЕНТ** [ир. فرزند] з а т. **1.** *Ұл, қыз, бала, ұрпақ.* **2.** а у ы с. *Белгілі бір елге, жерге тән түлек, азамат.* **3.** а у ы с. *Елім, халқым деген мағынада.* **4.** а у ы с. *Тұңғыш іс, бастама, табыс.*

**Перзент азабы.** *Перзентсіздікті бастан кешіру, перзентке зар болу.* **Перзентке зар болды.** *Перзентсіздіктің азабын тартты.* **Перзент сұрады.** *Бала тіледі, сәби көргісі келді.* **Перзент сүйді.** *Бала көрді, сәби сүйді.* **Перзенттен кем қылды.** *Балалы бола алмады, Құдай бала бермеді.*

**ПЕРЗЕНТТЕЙ** с ы н. *Перзент сияқты, перзент тәрізді.*

**ПЕРЗЕНТСІЗ** с ы н. *Ұлсыз, баласыз, ұрпақсыз.*

**ПЕРЗЕНТТІ** с ы н. *Ұлды, қызды, балалы, ұрпақты.*

**Перзентті болды.** *Балалы болды, ұрпақ көрді.*

**ПЕРЗЕНТТІК** с ы н. **1.** *Балалық, ұрпақтық, перзент ретіндегі.* **2.** *Азаматтық, азаматқа тән.*

**ПЕРЗЕНТХАНА** з а т. *Әйелдер босанғанда дәрігерлік көмек көрсетіп, нәрестеге қарайтын орын, босану үйі.*

**ПЕРИГЕЙ** [грек. peri – айналасындағы, ge – жер] з а т. а с т р. *Ай орбитасының не Жердің жасанды серігі орбитасының Жерге ең жақын нүктесі.*

**ПЕРИГЕЛИЙ** [грек. peri – айналасындағы, helios – күн] зат. *Күнді айнала қозғалатын ғаламшарлардың, құйрықты жұлдыздың және қандай да бір аспан денелерінің орбиталарының Күн центріне ең жақын нүктесі.*

**ПЕРИДОТИТ** [франц. peridotaite] зат. кен. *Ультранегізділер тобына жататын интрузиялық тау жыныстарының жалпы атауы.*

**ПЕРИДОТИТТІК: перидотиттік қабат.** кен. *Перидотит орналасқан қабат.*

**ПЕРИЗАДА** зат. сөйл. ***Перизат.***

**ПЕРИЗАТ** ир. зат. **1.** *Періден туған, пері тектес.* **2.** ауыс. *Ай десе аузы, күн десе көзі бар асқан сұлу қыз.*

**ПЕРИЗАТТАЙ** сын. **1.** *Перизат сияқты, перизат тәрізді.* **2.** ауыс. *Пері қызындай әдемі, көркем, нұрлы.*

**ПЕРИКАРДИТ** [грек. peri – айналасы, грек. kardia – жүрек] зат. мед. *Жүректің ұлпершек қабығының қабынуы.*

**ПЕРИКЛАЗ** зат. геол. *Түссіз не жасылдау түстен қара түс аралығындағы минерал.*

**ПЕРИКЛИН** зат. геол. *Антиклиндік қатпар қабаттарының түйықталатын, яки осы қатпар топсасының төмен бағытталатын тұсы.*

**ПЕРИМЕТР** зат. мат. *Тұйық контурдың ұзындығы.*

**ПЕРИМЕТРИТ** зат. мед. *Жатырдың сыртқы қабығының қабынуы.*

**ПЕРИНАТОЛОГИЯ** [грек. peri – маңында, айнала, лат. natus – туу және грек. logos – ілім] зат. мед. *Құрсақтағы нәрестенің және жаңа туған сәбидің перинаталдық кезеңіндегі дамуы мен денсаулығын қорғау мәселелерін зерттейтін акушерлік іс пен педиатрияның саласы.*

**ПЕРИОД** [грек. periodos] зат. физ. *Қозғалыс қайталанып отыратын уақыт аралығы; кезең.*

**ПЕРИОДОГРАММА** зат. физ. *Кезең жазбасы.*

**ПЕРИОДТЫ** [грек. periodikos] сын. *Периоды бар, қайталанбалы.*

**Периодты бөлшек.** *Белгілі бір орнынан бастап периодты түрде қайталанып отыратын цифрлардың белгілі бір тобынан құралатын шектеусіз ондық бөлшек.* **Периодты функция.** матем. *Аргументіне функцияның периоды деп аталатын нөлге тең емес белгілі бір T санды қосқанда мәні өзгермейтін функция.*

**ПЕРИОДТЫҚ** сын. *Периодқа тән, периодқа қатысты.*

**Периодтық жүйе.** хим. *Д.И.Менделеев ойлап тапқан химиялық элементтер заңының график түрі.* **Периодтық өзгеріс.** *Белгілі бір уақыт мөлшерінде қайталанып отыратын өзгеріс.*

**ПЕРИСТАЛЬТИКА** зат. биол. *Түтікті органдардың (шек, қарын, несеп түтігі т.б.) тегіс еттерінің жиырылуы.*

**ПЕРИТОНИТ** [грек. peritonaion] зат. мед. *Іш қуысын жән онда орналасқан органдарды жауып тұратын сірі қабатының жедел немесе созылмалы қабынуы.*

**ПЕРИФЕРИЯ** [грек. periphereia] зат. *Орталықтан қашық, шеткері жер, шет аймақ.*

**ПЕРИФРАЗ** [грек. periphrasis] зат. әдеб. лингв. *Құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстеп емес, айналасындағы айрықша белгі-қасиеттерді негізге алатын ауыстыру тәсілінің бір түрі.*

**ПЕРКСЕНАТТАР** зат. хим. *Тотықтырғыштар ретінде пайдаланылатын, құрамдарында XeO4+6 атомдар топтасуы бар химиялық қосылыстар, перксенон қышқылының тұздары.*

**ПЕРКУССИЯ** зат. биол. *Малдың ішкі органдарын сырттай қағып, олардан шыққан дыбысты ажырату.*

**ПЕРЛИТ** [франц. perlite] зат. кен. *Жанартаулық шыныдан тұратын қышқыл эффузиялық тау жынысы.*

**ПЕРЛЮСТАЦИЯ** [лат. perlustrare] зат. заң. *Цензурадан немесе қадағалаудан өткізу мақсатымен пошта арқылы жолданатын хаттарды мемлекеттің немесе басқалай органдар мен адамдардың құпия түрде қарап шығуы.*

**ПЕРМАЛЛОЙ** зат. хим. *Әлсіз өрістерде жоғары магниттік өтімділігі бар, радиотехникада қолданылатын, никель мен темірдің 20–60% құймаларының жалпы атауы.*

**ПЕРМАНГАНАТМЕТРЛЕ** ет. хим. *Титрант ретінде калий перманганатының ерітіндісі қолданылатын, титриметрлеу арқылы тотықсыздандырғыштарды анықтау.*

**ПЕРМАНГАНАТМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Тотықсыздандырғыштарды анықтайтын титриметрлеу әдісі.*

**ПЕРМАНГАНАТМЕТРЛЕУ** *Перманганатметрле етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРМАНГАНАТТАР** зат. хим. *Марганец қышқылының (HMnO4) тұздары, көпшілігі суда жақсы еритін, қызыл күлгін кристаллы заттар; күшті тотықтырғыштар.*

**ПЕРМЕ** [ор. ферма] зат. сөйл. ***Ферма.***

**ПЕРМЕТРИН** зат. хим. *Ауыл шаруашылық зиянкестеріне қарсы күресте әмбебап жәндікжойғы ретінде қолданылатын, аздап улы, топырақ пен суда тез ыдырайтын фототұрақты пиретроид, перметрин қышқылының ароматтық эфирі.*

**ПЕРМЬ** зат. хим. *«Пермь жүйесі» және «пермь кезеңі» терминдерінің қысқаша атауы.*

**ПЕРНЕ** зат. **1.** муз. *Домбыра, гитара, мандолин сияқты ішекті аспаптарды ойнағанда дыбысты күшейту, анықтай түсу үшін саусақпен басатын мал ішектерінен я сымнан жасаған тетік.* **2.** ауыс. *Нәзік сезім, көңіл күйі.*

**Перне басу.** муз. *Ішекті аспаптардың дауыс шығаратын тетігін саусақпен басу.*

**ПЕРНЕЛЕ=** ет. *Домбыраға т.б. музыкалық аспаптарға перне тағу.*

**ПЕРНЕЛЕУ** *Пернеле етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕРНЕЛІ** сын. *Пернесі көп, көп перне тағылған.*

**ПЕРНЕСІЗ** сын. *Пернесі жоқ, перне тағылмаған.*

**ПЕРНЕТАҚТА** зат. инф. *Компьютер жадына мәлімет енгізуге арналған стандартты құрылғы.*

**ПЕРОВСКИТ** зат. хим. *Түсі – сарыдан қараға дейін, сызығы ақ, сұрғылт сары, жылтыр оксидтер класына жататын минерал.*

**ПЕРОКСИДТЕР** зат. хим. *Құрамдарына бір-бірімен s-байланыс арқылы тікелей байланысқан оттек атомдары кіретін химиялық қосылыстар.*

**ПЕРОКСИҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Қышқылдық қасиеттері бар құрамына -C(O)OOH атомдар топтасуы кіретін химиялық қосылыстар.*

**ПЕРОКСОКАРБОНАТТАР** зат. хим. *Үнды ағартуда, нан пісіруде және суды зарарсыздандыруда қолданылатын, бос күйінде алынбаған пероксомонокарбон H2CO4 және пероксодикарбон H2C2O6 қышқылдарының тұздары.*

**ПЕРОКСОҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Оттекті регенерациялау үшін пайдаланылатын, құрамында ионы бар химиялық қосылыстар.*

**ПЕРОКСОСУЛЬФАТТАР** зат. хим. *Сутек пероксидін алуда, полимерлену реакцияларының тотықтырғыш ретінде, майлар мен сабындар алуда т.б. қолданылатын, пероксокүкірт қышқылдарының (H2SO5, H2S2O8) тұздары.*

**ПЕРПЕНДИКУЛЯР** [лат. perpendicularis] зат. геом. *Бірімен-бірі тік бұрыш жасай алатын түзу сызықтар.*

**ПЕРРОН** [франц. perron] зат. *Вокзалға пойыз тоқтайтын, пойызға мінетін жердегі жолаушылар тұратын алаң.*

**ПЕРСОНАЖ** [лат. persona] зат. әдеб. *Көркем шығармалардың (драма, роман, повесть, поэмалардың) кейіпкерлері.*

**ПЕРСОНАЛ** [лат. personalis] зат. *Белгілі бір салада қызмет істеушілер.*

**ПЕРСОНАЛИЗМ** зат. мәд. *Мәдениеттің басты құндылығы мен шындығы – адам деген түсінікті басшылыққа алатын философиялық-мәдениеттанушылық бағыт.*

**ПЕРСПЕКТИВА** [франц. perspective] зат. *Болашақта істелетін іс туралы жоспар, келешек.*

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫ** сын. *Дамудың, өсудің, істелетін істің я шаруаның болашағын ескеретін, оларды толық қамтитын, келешекті болжайтын.*

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ** сын. *Болашақта, келешек жағдайда істелетін іс жоспарына тікелей қатысты.*

**ПЕРСПЕКТИВТІ** сын. *Болашағы бар, келешегінен көп үміт күттіретін.*

**ПЕРСПЕКТИВТІК** сын. *Перспективаға тән, перспективаға қатысты.*

**ПЕРТЕХНАТТАР** зат. хим. *Құрамдарына TcO-4 – атомдар топтасуы кіретін химиялық қосылыстар; қатты кристалдық заттар.*

**ПЕРТИТ** зат. хим. *Альбитпен немесе қыш-қыш плагиоклазбен заңды түрде денекерлене астасқан калийлі дала шпаты.*

**ПЕРФОКАРТА** зат. *Қалың қағаздан жасалған арнаулы төртбұрышты қалың қағаз.*

**ПЕРФОЛЕНТА** зат. *Арнайы құрылғымен тесіктер тесу арқылы әртүрлі информация түсіруге я жазуға арналған лента түріндегі қағаз.*

**ПЕРФОРАТОР** [лат. perforare] зат. **1.** *тех.* *Есептеу цифрларын арнайы код бойынша перфокартаға немесе перфолентаға тесік түрінде түсіруге арналған көмекші мәшине.* **2.** геол. *Тау-кен ісінде кеңінен пайдаланылатын бұрғылау аспабы.*

**ПЕРФОРАТОРЛЫҚ** сын. *Перфораторды қолданушылық, перфоратор қолдануға болатын.*

**ПЕРФОРАЦИЯ** [лат. perforare] зат. **1.** кино. *Кинематография лентасының екі жақ шетіндегі тесіктер.* **2.** геол. *Бұрғылап тесу ісі.*

**ПЕРФОРМАНС** зат. мәд. *Көпшілік алдында өнер мен өнерден тыс нәрседен синтездеу принципі арқылы артефакт (адамның жасаған мәдениет өнімі) жасау.*

**ПЕРФОРМАТИВ** [лат. performo] зат. лингв. *Белгілі бір сөзді немесе сөйлемді айтып тұрып, сол сәтте оған қоса өз қимылын қосу.*

**ПЕРФОРМЕР** зат. экон. *Сәтті акция.*

**ПЕРХЛОРАТТАР** зат. хим. *Хлор қышқылының тұздары*

**ПЕРХЛОРВИНИЛЬ: перхлорви-нильді эмальдар.** хим. *Перхлорвинильді лак негізіндегі эмальдар.*

**ПЕРХЛОРЭТИЛЕН** зат. хим. *Киімді құрғақтай тазартуға, металдарды майсыздандыруға арналған еріткіш.*

**ПЕРЦЕПТИВТІ** сын. *Көру, ұстау, иіскеу, дәмін тату арқылы сезілетін.*

**ПЕРЦЕПЦИЯ** зат. 1. экон. *Бажды қабылдау, жинау, молайту.* **2.** психол. *Сезім мүшелері арқылы ақиқат дүниені тану.*

**ПЕРІ** ир. зат. миф. **1.** *Діни сенім бойынша, аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың әйел күш иесі.* **2.** ауыс. *Жынды, есерсоқ, сотқар, долы кісі.* **3.** ауыс. *Әдемі, ерекше сұлу қыз.* **4.** ауыс. *Атағы шыққан, даңқы жайылған, елді аузына қаратқан адам.*

**Пері қақты [шалды, соқты ұрды].** *Жынданды, есі ауысты.* **Пері мінді.** *Періні ырқына бағындырды, көндірді.* **Перінің салқыны тиді**. *Жын ұрды, есуас болды.* **Пері патшасы.** *Мифтік кейіпкер, перілердің басшысы.* **Перісі қозды**. *Жыны ұстады.* **Перісі түсті.** *Жыны қозды.*

**ПЕРІДЕЙ** сын. *Талантты, іскер.*

**ПЕРІШТЕ** ир. зат. **1.** діни. *Діни ұғым бойынша Алланың әмірін жеткізіп тұратын көмекшілер.* **2.** ауыс. *Әзірейіл, пір.* **3.** ауыс. *Кінәдан пәк сәби, бала.* **4.** ауыс. *Кіршіксіз адал жан, таза адам.* **5.** ауыс. *Асқан сұлу, ару.* **6.** ауыс. *Әйел адамдарды еркелеткенде айтылатын қаратпа атауыш.*

**Періште аузына салды.** *Жөн сөйледі, дұрыс айтты.* **Періште қақты**. *Құдай сақтады, оңдады.* **Періштелерге иман келтіру.** діни. *Ислам діні бойынша, Алла тағаланың белгілі бір мақсатпен жаратқан періштелеріне сенуді білдіретін иманның негізгі шарттарының бірі.* **Періштенің құлағына шалынды.** *Тілегі орындалды, айтқаны келді.* **Періштенің құлағына шалынсын**. тілек. *Айтқаның келсін, тілегің орындалсын деген мағынада.* **Періше тұтты.** *Әулие санады.*

**ПЕРІШТЕДЕЙ** *сын. Періште сияқты; пәк таза.*

**Періштедей таза.** *Кіршіксіз, пәк, адал.*

**ПЕРІШТЕЛІК** сын. *Адалдық, тазалық.*

**ПЕРІШТЕСІН=** ет. *Періште болғансу, адал, таза, болып көріну.*

**ПЕРІШТЕСІНУ** *Періштесін етістігінің қимыл атауы.*

**ПЕС**[1] ир. сын. **1.** *Қараниет, арам, пасық.* **2.** жерг. *Жомарт емес, сараң.*

**ПЕС**[2] зат. ауру. *Терісі, жүйке жүйесін, көзді, тыныс алуды зақымдайтын созылмалы ауру.*

**ПЕСЕВА** зат. *Гананың ақша өлшемі.*

**ПЕСЕТ** сын. *Төмен; сұмырай.*

**ПЕСЕТА** зат. *Испанияның ақша өлшемі.*

**ПЕСО** зат. *Латын Америкасының бірқатар елдерінде қолданылатын ақша өлшемі.*

**ПЕССИМИЗМ** [лат. pessimus] зат. **1.** *Болашаққа сенімсіздікпен қарап, сарыуайымшылдыққа салынушылық.* **2.** *Шарасыздық, сәтсіздіктерді күйзеліспен қабылдау.*

**ПЕССИМИСТ** зат. *Пессимизмге салынушы.*

**ПЕССИМУМ** зат. *Тіршілі иелері үшін қолайлы жағдайдың нашарлау аймақтары, тіршілік ету ортасының қолайсыз жағдайы.*

**ПЕСТИЦИД** [лат. pestis – жұқпалы ауру, caedo – өлтіремін] зат. хим. *Зиянды микроорганизмдермен күресте қолданылатын заттар.*

**ПЕСХАНА** зат. *Песпен ауыратын адамдар ұзақ жатып емделетін медициналық мекеме.*

**ПЕСІР** [ор. писарь] зат. тар. *Кеңсе хатшысы.*

**ПЕСІРЛІК** зат. *Песір міндетін атқарушылық.*

**ПЕТИТ** [франц. petit] зат. полигр. *Кеглі сегізге тең, өте ұсақ баспа қарпі.*

**ПЕТИЦИЯ** [лат. petitio] зат. *Мемлекет басшысына немесе жоғарғы өкімет органының атына берілетін көпшілік өтініші, талабы.*

**ПЕТРИФИКАЦИЯ** зат. *Ішіне ізбес тұздары шөккен жер тастай болып қатып қалып, өлі етке айналған тканьдер мен гельминттер.*

**ПЕТРОГЛИФ** [грек. petra – тас, грек. gliphe – қашалған] зат. *Көне тарихи ескерткіштердің бір саласы; тасқа қашалып салынған суреттер.*

**ПЕТРОГРАФИЯ** [грек. petros – тас, grapho – жазамын] зат. геол. *Тау жыныстарының минералогиялық құрамы мен шығуы, геологиялық ерекшеліктері туралы ғылым.*

**ПЕТРОГРАФИЯЛЫҚ** зат. *Петрография ғылымына тән, соған қатысты.*

**ПЕТРОЛАТУМ** зат. хим. *Мұнай майларының күкірт қышқылдық тазартуында түзілетін, жаққыш майларды қоюландырғыш ретінде, оқшаулағыш массалар дайындауда т.б. қолданылатын парафин.*

**ПЕТРОЛЕЙН: петролейн эфирі.** геол. *Меншікті салмағы 0,62-0,66, еріткіш ретінде қолданылатын, 70° С температураға шейін түгелімен қайнайтын, жеңіл жанармай.*

**ПЕТРОЛОГИЯ** [грек. petro – тас, logos – ілім] зат. геол. *Магмалық және метаморфтық жыныстарды зерттейтін ғылым.*

**ПЕТРОСИТАЛДАР** зат. геол. *Таужыныстарының балқымаларынан алынатын ситалдар.*

**ПЕТРОТЫҒЫЗДЫҚ: петротығыздық картасы.** геол. *Таужыныстардың петротығыздығы әртүрлі топтарының кеңістікте таралу ерекшеліктерін кескіндейтін карта.*

**ПЕТРОФАЦИЯ** зат. геол. *Шөгінділердің нақтылы петрогенетикалық типіне сәйкес келетін ең шағын петрографиялық бірліктердің бірі.*

**ПЕТРОФИЗИКА** зат. геол. *Таужыныстардың физикалық қасиеттерінің табиғатын зерттеу нәтижелерін жүйелейтін, олардың типтері мен фацияларын физикалық қаситтер кешені тұрғысынан және сол кешеннің морылу қабатын зерттейтінгеофизикалық ілім саласы.*

**ПЕТРОФИЗИКАЛЫҚ: петрофизикалық карта.** геол. *Таужыныстардың петрофизикалық сипаттарының кеңістікте таралу ерекшеліктерін кескіндейтін карта.*

**ПЕТРУШКА** [petroselinum] зат. өс. ***Ақжелкен*** *(салатқа, түрлі тағамға пайдаланылатын хош иісті көкөніс).*

**ПЕЧЕНЬЕ** зат. *Сүт, жұмыртқа, май, қант, ұн т.б. қосып иленген қамырдан пісірілетін түрлі формалы кондитер тағамы.*

**ПЕШ**[1] зат. **1.** *Тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған кірпіштен, темірден, шойыннан жасалған зат.* **2.** *Ерітінділерді буландыруға, материалдарды қыздыруға, балқытуға, металл қорытуға пайдаланылатын өнеркәсіптік орын.*

**Пеш қалау.** *Пеш жасау, тұрғызу.* **Пеш салдырды.** *Пеш жасатты, пеш салғызды.* **Пеш сыртында тазарту.** кен. *Пештен немесе конвертерден шығарылған сұйық металды тазалау.*

**ПЕШ**[2] зат. ескікіт. *Қыр, дөңайбат.*

**Пеш болу**. *Ессіз болу, естен тану*

**ПЕШЕНЕ** ир. зат. *Жазмыш, тағдыр.*

*Нәсіп болды, бұйырды.* **Пешенеге жазған**. *Маңдайға жазған, бұйырған.* **Пешенесінен көрді.** *Маңдайына жазған тағдырына бас ұрды, мойынсұнды.* **Пешенеге бітті [тиді]. Пешенесіне бұйырған.** *Маңдайына жазылған.*

**ПЕШЕТ** зат. ескікіт. *Мөр.*

**ПЕШЕТТЕ =** ет. *Мөр басу, мөрлеу.*

**ПЕШКЕШ** зат. көне. *Діни салық түрі.*

**ПЕШҚАДАМ** сын. ескікіт. *Сөзуар, шешен.*

**ПЕШМОЙЫН: пешмойын шаңы.** кен. *Шахталы пештердің шикізат тиелетін жоғарғы жағынан шығатын газды шаң.*

**ПЕШПЕНТ** зат. сөйл. ***Бешпент.***

**ПЕШТАҚ** зат. көне. *Кесене ішіне орнатылатын үлкен тақ.*

**ПЕШТАҚТЫ** сын. *Пештақ орнатылған.*

**ПЕШТЕЙ** сын. *Пеш сияқты.*

**ПЕШШІ** зат. **1**. *Пеш салатын адам.* **2.** *Өндіріс орнындағы пеш жұмысшысы.*

**ПИАНИНО** [итал. pianino] зат. муз. *Дыбыс аралығы 7 октавадан тұратын, тоғыспалы, ішектері тігінен орналасқан фортепьяноның бір түрі.*

**ПИАНИСТ** [франц. pianiste] зат. *Пианинода ойнайтын музыкант.*

**ПИАР** [ағыл. public relations] зат. *Қоғамдық пікір қалыптастырудағы әрекет, жасанды белсенділік.*

**ПИАР-АКЦИЯ** зат. *Қоғамдық көзқарасты жақсы немесе жаман жаққа қалыптастыру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар.*

**ПИАСТР** зат. *Египет, Ливан, Сирия, Суданың ақша өлшемі.*

**ПИБОР** зат. экон. *Париждегі банкаралық депозиттік нарық ұсынысының мөлшерлемесі.*

**ПИГМЕНТ** [лат. pigmentum] зат. биол. *Жасуша мен түрлі органдарда болатын бояғыш заттар.*

**ПИГМЕНТТІ** сын. *Пигменті бар.*

**Пигментті қал.** *Мелинин пигментінен тұратын, тері жасушаларынан және тері жүйкелері қабыршақтарының жасушаларынан дамып түзілетін қал.*

**ПИҒЫЛ** [ар. فعل] зат. *Ниет, пікір, ішкі ой (көбінесе жағымсыз мағынада жұмсалады).*

**Пиғылы бұзылды.** *Ниетін бұзды, өзгертті, жолдан тайды.*

**ПИҒЫЛАТ** [ар. فعل] зат. ескікіт. *Пиғыл.*

**ПИҒЫЛДАС** сын. *Ниеттес, арам ойлары бір.*

**ПИҒЫЛДЫ** сын. *Арам ойлы, пікірлі.*

**ПИДА** [ар. فداء] зат. *Құрбан, садақа.*

**Пида қылды** [етті]. *Бір істің орындалуында, мақсатқа жетудің жолында барын аямады, құрбан етті.*

**ПИДАЛЫҚ** зат. *Пида етушілік.*

**ПИДАЯ: пидая мал.** *Садақаға, құрбандыққа аталған мал.*

**ПИДЖАК** [ағыл. pea-jaket] зат. *Ерлер костюмінің жоғарғы бөлігін құрайтын тігісі жатық жағалы, түймеленетін жақталары бар бөлігі, күртеше.*

**ПИДИЯ** зат. ***Підия.***

**ПИЖАМА** [ағыл. pyjamas] зат. **1.** *Үйде киетін жадағай жеңіл киім.* **2.** *Ұйықтарда киетін киім.*

**ПИЗОЛИТТЕР** [рек, pisos – бұршақ] зат. геол. *Көбінесе әкті зат түрінде ұшырасатын, мөлшері 2 мм-ден астам ірі оолиттер.*

**ПИК** зат. экон. *Өндірістің өрлеуінің жоғарғы шегі, экономикалық өсудің ең жоғарғы қарқынын көрсететін шама.*

**ПИКАП** зат. экон. *Акцияларды айырбастау нәтижесінде алынған құн.*

**ПИКЕТ** [франц. piquet] зат. **1.** әск. *Шағын күзет тобы.* **2.** саяс. *Көтеріліс кезінде құрылған ереуілші жұмысшылар тобы.* **3**. *Километрдің оннан біріндей теміржол өлшеуіші.* **4.** *Жолаушылардың аял жасайтын орны, демалатын жер, жай.* **5.** геол. *Геодезиттердің жер өлшегенде жерге қағып кетіп отыратын көмірлі ағаш немесе темір қазығы.*

**ПИКЕТАЖ** зат. тех. *Ізденіс кезінде жолдың ұзындығын өлшеу жұмыстары.*

**ПИКНОМЕТР** [грек. pyknos – тығыз, грек. metron – өлшеу] зат. физ. *Газ, сұйық және қатты күйдегі заттардың тығыздығын өлшеуге арналған құрал.*

**ПИКРИТ** (грек, pykros – ащы) зат. геол. *Оливин мен пироксеннен тұратын ультрамафитті жанартаулық таужыныс.*

**ПИКСЕЛЬ** [ағыл. pixel] зат. инф. *Дисплей бетінде көрсетілетін ең кіші бейнесызбалық бірлік.*

**ПИК-ТАЙМ** зат. *Радио мен теледидардан жарнама беру үшін бұқаралық аудиторияны қызықтыратын ең қолайлы уақыт.*

**ПИКТОГРАММА** [1] [лат. pictus – бояумен жазылған, суретті жазу, грек. gramma – жазу] зат. *Пиктографиялық жазудың белгілі бір тілге тәуелсіз ақпарат бере алатын күрделі суреттен немесе суреттер тізбегінен тұратын жазу түрі, бүтін бір хабарды бейнелейтін таңбалар, суреттер.*

**ПИКТОГРАММА**[2] зат. экон. *Сату көлемінің көбейгенін көрсететін бағаналары көрнекі көркем пішінде орындалатын диаграмма.*

**ПИКТОГРАММАЛЫҚ** сын. *Пиктограммаға тән.*

**ПИКТОГРАФИЯ** [лат. pictus – суретті жазу, грек. grapho – жазамын] зат. *Тасқа теріге, ағашқа т.с.с. салынған сурет, жазу.*

**ПИКТОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Пиктографиямен байланысты.*

**Пиктографиялық жазу.** лингв. *Хабарланатын ойға, заттар сурет арқылы берілетін жазудың ең көне түрі.*

**ПИЛИНГ** зат. *Тері бетінің ескірген қабатын алып тастау мақсатында жасалатын тазалау түрі.*

**ПИЛИНГТЕ =**е т. *Пилинг жасау, тазалау.* зат.

**ПИЛОКАРПИН** зат. *Прасимпатикалық нервтердің ұштарына күшті әсер ететін, суда ерігіш ақ ұнтақ зат.*

**ПИЛОТ** [франц. pilote] зат. сөйл. ***Ұшқыш***, *(ұшу аппаратын басқаратын адам).*

**ПИЛОТАЖ** [франц. pilotage] зат. авиац. *Ұшақтың не планердің ұшып жүріп әртүрлі фигуралар жасау үшін қолданатын маневрлік қозғалыстары.*

**ПИЛОТАЖДЫҚ: пилотаждық зерттеу.** авиац. *Ақпарат жинау құралдарын, ұйымдастыру әдістері мен бұқаралық зерттеу жүргізудің рәсімдерін сынап көру мақсатында зерттеудің әдіснамалық бағытталуын арнайы бақылап көру ісі.*

**ПИЛОТКА** зат. **1**. *Алғашқыда ұшқыш-пилотар киген, кейін жалпы әскерилер киетін жазғы, жеңіл баскиім.* **2.** сов. *Пионер ұйымының мүшесі киетін баскиім.*

**ПИЛЮЛЯ** [лат. pilula] зат. мед. *Дәрілік заттарға су, спирт, глицерин, қант, бал, ұн, алюминий тотығы т. б. қосу арқылы жасалған қоспа.*

**ПИМА** зат. *Жүннен басылған қысқы аяқкиім.*

**ПИМАНА** зат. ескікіт. *Өлшем.*

**ПИН** зат. *Цифр.*

**ПИНАКОИД** (грек, pinax-тақта) зат. геол. *Екі параллель жақтан тұратын кристалдың қарапайым пішіні.*

**ПИНАКОТЕКА** зат. *Көркем сурет галереясы.*

**ПИНАН** зат. хим. *Бициклді терпен.*

**ПИНГВИН** [лат. pinguis] зат. зоол. *Суда жүзу үшін қысқа қанаттары ескекке айналған, құрлықта да жүре алатын, көбіне арқасы қара, қара қоңыр, бауыры ақ түсті болып келетін үлкен антарктикалық теңіз құсы.*

**ПИНГ-ПОНГ** [ағыл. ping-pong] зат. ойын. *Үстел теннисі.*

**ПИНЕН** зат. хим. *Лактар, бояулар, балауыздар еріткіші ретінде, хош иісті және дәрі-дәрмектік заттар өндірісінде пайдаланылатын, эфирлі майлардың көпшілігінде болатын бициклді терпен.*

**ПИН-КОД** [ағыл. Personal identification number] зат. *Банкомат арқылы жасалатын қаржылық операцияларды орындау үшін пластикалық карта иесін, сейф иесін сәйкестендіруге қажет сандық код.*

**ПИНТА** зат. экон. *Жүйеден тыс сыйымдылық өлшемі.*

**ПИНЬАН** сын. ескікіт. *Жасырын, құпия.*

**ПИОКТАНИН** зат. мед. *Суланған жараларды құрғату үшін қолданылатын спирт пен суда ерігіш ұнтақ зат.*

**ПИОМЕТРА** зат. мед. *Микробтардың көбеюінен болатын қабынған жатырдың іріңге толуы.*

**ПИОНДАР** зат. хим. *Күшті әсерлесудің тасымалдаушысы болып келетін қарапайым бөлшектер.*

**ПИНЦЕТ** [франц. pincette] зат. *Металдан, т.б. істелген медициналық немесе техникалық кішкене қысқыш.*

**ПИОНЕР** [франц. pionnier] зат. **1.** *Әлі зерттелмеген, елге, тың жерге бірінші болып келген, орналасқан адам.* **2.** совет. *КСРО кезіндегі Бүкілодақтық балалар пионер ұйымының мүшесі.* **3.** ауыс. *Ғылымда, техникада, өнерде жаңалық ашып, жол салушы; бастамашы.*

**Пионер бөлмесі.** сов. *Мектепте пионерлерге арналып, тиісті құралдармен жабдықталған бөлме.* **Пионер лагері.** сов. *Мектеп оқушыларының, пионерлердің жазғы демалыс кезінде демалатын, тынығатын орны.*

**ПИОНЕРЛІК** зат. *Пионерге тән, пионерге лайық.*

**ПИОФРИ** зат. спорт. *Бір орында тұрып орындалатын пассаж.*

**ПИПЕРАЗИН** зат. хим. *Талдаулық химияда және медицинада қолданылатын гетероциклдік қосылыс.*

**ПИПЕРИДИН** зат. хим. *Өршіткі ретінде және вулкандау процесін жылдамдату үшін, т.б. жерлерде қолданылатын, оңай тұз түзетін, көпшілік алкалоидтардың негізі болып келетін органикалық күшті негіз.*

**ПИПЕРИЛЕН** зат. хим. *Мономер, пиперилендi көксағыздар синтезінде пайдаланылатын қанықпаған көмірсутек.*

**ПИПЕТКА** [франц. pipette] зат. мед. *Дәрі тамызатын шыны түтікше.*

**ПИРАЗОЛ** зат. хим. *Дәрілік препараттар ретінде қолданылатын гетеорциклдік қосылыс,*

**ПИРАЗОЛАНТРОН** зат. хим. *Полициклдік кубты бояғыштар синтезінде жартылай өнім ретінде қолданылатын гетероциклдік қосылыс.*

**ПИРАМИДА**[1] зат. **1.** сәулет. *Ежелгі Египет перғауындарының қабіріне белгі ретінде орнатылған ескерткіш сияқты тастан салынған ерекше алып құрылыс.* **2.** *Төменгі жағынан жоғары биіктеген сайын сүйірленіп қаланған заттардың шоғыры.*

**ПИРАМИДА**[2] [грек. pyramis] зат. мат. *Жақтарының бірі көп бұрыш, қалғандары үш бұрыш болып келетін геометриялық фигура.*

**ПИРАМИДА**[3] зат. экон. 1. *Алыпсатарлар қосымша шарттар бойынша депозитті төлеу үшін қолданыстағы өзара шарттар бойынша пайданың бір бөлігін пайдалану жолымен көбейткен биржалық шарттардың саны. 2. Компанияның сатылы құрылымына қатысты қолданылатын термин. 3. Күмәнді мәміле, қаржы компаниялары қолданатын баю тәсілі.*

**ПИРАМИДАЛЫҚ** сын. *Пирамидаға қатысты, пирамидаға тән.*

**ПИРАМИДОН**[1] зат. *Мысыр пирамидаларының ұшар басына қондырылған ұшкіл формалы тас.*

**ПИРАМИДОН**[2] зат. мед. *Дәмі ащылау, суда еритін, кристалды ақ таблетка.*

**ПИРАНЬЯ** зат. зоол. *Тұщы суда мекендейтін, қияр балық тұқымына жататын жыртқыш балықтар тұқымдасы.*

**ПИРАТ** зат. сөйл. *Теңіз қарақшысы, кеме тонаушы.*

**ПИРЕКС** зат. хим. *Жоғары химиялық және термиялық тұрақтылығы бар борсиликатты шыны.*

**ПИРЕТРОИДТАР** зат. хим. *Пиретриндердің синтездік аналогтары; жәндік-жойғының жаңа буындары.*

**ПИРЕТРУМ** зат. хим. *Шыбын-шіркей, бит пен бүргелерді өлтіру үшін қолданылатын сары қоңыр ұнтақ.*

**ПИРИДИН** зат. хим. зат. хим. *Бояғыштар, пестицидтер, дәрілер алуға қолданылатын гетероциклдік қосылыс.*

**ПИРИМИДИН** зат. хим. *Диазиндер класының қосылысы, өте әлсіз бір қышқылды негіз.*

**ПИРИТ** [грек. pyrites] зат. **1.** хим. *Табиғатта ең жиі кездесетін, ашық сары түсті, көбінесе текше кристалдар түрінде ұшырасатын минерал, темір сульфиді.* **2.** геол. *Түсі металдық, жылтырлығы басым ақшыл сары болып келетін, темір мен күкірттің ең көп тараған қосындысы.*

**ПИРО**...зат. хим. *Бастапқы құрауыштарды қыздырғанда алынатын кейбір заттардың жабайы аттарының құрам бөлігі.*

**ПИРОГ** ор. зат. тамақ. ***Бәліш*** *(қамырдың арасына ет, балық, орамжапырақ, тосап т.б. салып пісірілген тағам).*

**ПИРОГАЗ** зат. хим. *Күйдіре өртеу нәтижесінде бөлініп шығатын газ.*

**ПИРОГАЛЛОЛ**[1] зат. мед. *Органикалық қышқыл, суда спирт пен эфирде ерігіш ақ дәрі.*

**ПИРОГАЛЛОЛ**[2] зат. хим. *Фотографияда айқындағыш зат, газ талдағыштарда оттек сіңіргіш ретінде қолданылатын көпатомды фенол, тотықсыздандырғыш.*

**ПИРОКАТЕХИН** зат. хим. *Дәрі-дәрмек өндірісінде, фотографияда айқындағыш зат ретінде қолданылатын екі атомды фенол.*

**ПИРОКЛАСТАР** зат. геол. *Пирокластикалық материалдардың жеке бөлшектері.*

**ПИРОКЛАСТИТТЕР** зат. геол. *Пирокластиттік материалдардың болбыр керіштелмеген жиынтығы.*

**ПИРОКЛАСТОЛИТТЕР** зат. геол. *Жанартау атқылауының болбыр өнімдерінің (бомбылар, лапиллилер, күлдер) жиынтығынан тұратын таужыныстар.*

**ПИРОКЛАСТИКАЛЫҚ** сын. геол. *Жанартау шөгінділерінен пайда болған.*

**ПИРОКСЕН** [грек. pyr – от, xenos – бөгде] зат. хим. *Силикаттар класының тізбекті тармағына жататын, таужыныстарын құраушы темірлі-магнийлі минералдар тобы.*

**ПИРОКСЕНДЕНУ** зат. геол. *Түпкі магмалық таужыныстар құрамында пироксен кристалдары жаңадан қалыптасатын метасоматоздық процестер жиынтығының жалпылама атауы.*

**ПИРОКСЕНИТ** зат. геол. *Негізінен пироксендерден тұратын кейде оливин, дала шпаттары, магнетит, титаномагнетит кірігетін толық кристалды ультранегізді интрузиялық таужыныс.*

**ПИРОКСИЛИН** [грек. pyr – от, oxys – қышқыл] зат. хим. *Қазіргі уақытта негізінен түтінсіздерді дайындауда қолданылатын бытыратқыш жарылғыш зат.*

**ПИРОЛИЗ** зат. мед. *Жоғары температура әсерінен химиялық қосылыстардың ыдырауы.*

**ПИРОЛИТТЕР** зат. геол. *Жоғарғы мантияның (астеносфераның) шартты түрдегі заттық болмысы не әлі жіктеліп үлгермеген магма балқымаларының негізі.*

**ПИРОЛЮЗИТ** зат. геол. *Сұр түстен қара түске дейін ие болатын, марганец өндірілетін негізгі руда.*

**ПИРОМЕТАЛЛУРГИЯ** [грек. pyr – от, ergon – жұмыс] зат. кен. *Металдар мен қорытпалар алу және тазарту үшін жоғары температурада жүргізілетін үрдістердің жиынтығы.*

**ПИРОМЕТР** [грек. pyr – от, metreo – өлшеймін] зат. физ. *Жұмыс принципі қызған заттың жылу тарату қасиетін пайдалануға негізделген, температураны жанаспайтын әдіспен өлшейтін аспап.*

**ПИРОМЕТРИЯ** зат. физ. *Күшті қызуды өлшеу әдістерін үйрететін ілім.*

**ПИРОН** зат. *Көркемдеу тақталарын бір-бірімен берік байланыстыратын металдан жасалған қазықша.*

**ПИРОП** [грек. pyropos] зат. хим. *Силикаттар класының гранат тобына жататын минерал, қызыл түсті анартас.*

**ПИРОПЛАЗМИН** зат. мед. *Химиялық жолмен алынатын, қан ауруларына қарсы қолданылатын препарат.*

**ПИРОПЛАЗМОЗ** зат. вет. *Жылқының, ірі қараның, қой, ешкінің, шошқаның жұқпалы ауруы.*

**ПИРОТЕХНИКА** зат. геол. *Оттық құрамдарды өндіру және олармен қамтамасыз етілетін бұйымдарды пайдалануға байланысты техника саласы.*

**ПИРОФИЛЛИТ** (грек, pyros – от, phyllon – жапырақ) зат. геол. Төмен температуралы гидротермалық өзгерген *таужыныстарда, метаморфтық тақтатастарда кездесетін, қағаз, қыш, резеңке, электро техника өнеркәсібінде және құрылыста пайдаланылатын силикаттар класының қабаттылар типіне жататын минерал.*

**ПИРОФОСФАТТАР** зат. хим. *Пирофосфор қышқылының тұздары.*

**ПИРРОЛ** зат. хим. *Көптеген дәрі-дәрмектік заттар синтезінде қолданылатын, бірқатар бояғыштардың және табиғи қосылыстардың құрылым фрагменті, гетероциклдік қосылыс.*

**ПИРРОТИН** [грек. pyrrhotes] зат. хим. *Құрамында никель, мыс және кобальт сияқты металдар қосылыстары болатын, темірдің екі және үш валентті сульфидтерінен тұратын минерал.*

**ПИРОФИЛЛИТ** зат. геол. *Отқа, қышқылға төзімді шикізат, толықтырғыш ретінде қолданылатын, түсі ақ, жасылдау минерал.*

**ПИРОХЛОР** (грек. *pyros* – от, *chloros* – жасыл) зат. геол. *Оксидтер класына жататын, сілтілі жыныстарда, пегматиттерде, карбонатиттерде кездесетін ниобий мен танталдың кені; минерал.*

**ПИРС** [ағыл. piers] зат. *Екі жағынан кемелер келіп тоқтау үшін жағалаудан суға қарай сұғындырыла салынған құрылыс.*

**ПИРСИНГ** зат. *Әшекейлерді тағу үшін дененің әр жерлерін (әдетте құлақ, мұрын, қас, кіндік) тесу әрекеті; тесілген жерге салынған әшекейдің атауы.*

**ПИРСИНГТЕ =** ет. *Пирсинг жасау.*

**ПИРУЕТ** зат. *Екі қатар ізбен, радиусы ат тұлғасының ұзындығына тең шеңбер жасап жүру.*

**ПИСТОЛЕТ** [франц. pistolet] зат. **1.** ***Тапанша*** *(жақын қашықтыққа атуға арналған көлемі шағын автоматты атыс қаруы).* **2.** тех. *Бояуды шашыратататын пистолет – беттерді лак-бояу материалдарымен сырлауға қолданылатын аппарат.*

**ПИСТОЛЕТ-ПУЛЕМЕТ** зат. әск. *Жанды нысанаға 1000 м қашықтықтан оқ тигізетін, жаяу әскердің шапшаң атылатын негізгі қаруы.*

**ПИСТОН** [франц. piston] зат. әск. *Патрондағы дәріге от беретін арнаулы зат.*

**ПИТ** зат. экон. *Тауар биржасы үйіндегі мерзімдік шарт жасалатын орын.*

**ПИТЕКАНТРОП** [грек. pithekos – маймыл, anthropos – адам] зат. антроп. *Ежелгі адамдардың қазба қаңқа қалдықтары табылған тобы.*

**ПИТОМНИК** зат. *Тұқым үшін өсімдіктерді, жәндіктерді өсіретін орын.*

**ПИТТИНГ** зат. геол. *Питтингтік жемірілу.*

**ПИТТИНГТЫҚ: питтингтық коррозия.** физ. *Беттің бүлінген нүктесінен басталып, ішіне қарай тереңдеп, кішкене тесікке айналдыратын жергілікті коррозия.*

**ПИТУИТРИН** зат. мед. *Сүтқоректі жануарлардың гипофиз безінен алынатын түссіз, қышқыл сұйық дәрі.*

**ПИЦЦА** [итал. pizza] зат. тамақ. *Жаймаланған қамырға бір қабат салма салынып, үстіне өсімдік майы құйылып, тез пісірілетін итальян асхана бөлімінің бір түрі.*

**ПИЦЦЕРИЯ** зат. *Пиццаны пісіріп сататын арнаулы дәмхана.*

**ПИШУАЗДА =** ет. ескі кіт. *Қарама-қарсы жүру.*

**ПИЭЛИТ** зат. мед. *Іріңдеткіш микробтардың қан, несеп арқылы денеге тарап, бүйрекке енуінен, суық тиюден болатын бүйрек түбегінің қабынуы.*

**ПИЭЛОНЕФРИТ** зат. мед. *Бүйрек пен оның несеп түтігімен жалғасқан бөлігінің іріңдеп қабынуы.*

**ПИЯДА** сын. ескі кіт. *Жаяу.*

**ПИЯЗ** зат. өс. <лат. alliumcepa> *Лалагүлділер тұқымдасына жататын, тағамды дәмендіретін аса пайдалы бақша дақылы.*

**ПИЯЗГҮЛ** зат. өс. *Қоңырау тәрізді үлкен гүлді, тік сабақты пияз текті өсімдік.*

**ПИЯЗШӨП** зат. өс. <лат. alliaria> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдік.*

**ПИЯЗШЫҚ** зат. бот. *Кейбір көпжылдық өсімдіктердің түйнегі, топырақ астындағы бөлігі.*

**ПИЯЛА** зат. **1.** *Кесе, шыныаяқ.* **2.** *Шамның шынысы.*

**ПИЯЛАДАЙ** сын. *Пияла сияқты, пияла тәрізді.*

**Пияладай оқ.** *Оғы ірі, үлкен оқ.*

**ПИЯЛАЙ** зат. *Шай ішетін тұтқасы бар, астына тәрелке қойылатын ыдыс.*

**ПИЯМ** зат. ескікіт. *Хабар, хабарлама.*

**ПЛАГИАТ** [лат. plagiatus] зат. *Басқа біреудің шығармасын, тапқан жаңалығын иемдену, өзімдікі деу немесе өзгенің шығармасын, еңбегін өзінің атынан заңсыз баспаға жариялау әрекеті.*

**ПЛАГИАТОР** [лат. plagium] зат. **1**. *Адамдарды немесе өзгелердің құлдарын құлдыққа сататын кісі.* **2**. *Бөтен біреудің туындысын, ой-пікірін өзінің атынан жариялаған және баяндайтын адам.*

**ПЛАГИОАПЛИТ** зат. геол. *Белдемді плагиоклаздан тұратын лейкрократты диоритаплит.*

**ПЛАГИОГРАНИТ** зат. геол. *Натрийлі әкті-сілтілі, калийлі дала шпаттарын мүлдем кіріктірмейтін немесе оларды өте аз кіріктіретін гранит түрі.*

**ПЛАГИОКЛАЗДАР** *зат.* геол. *Түсі ақ, сұр, сарғыш, жасылдау, қоңырқай, қызғылт, дала шпаты тобына жататын түзуші минералдар.*

**ПЛАГИОКЛАЗИТТЕР** зат. геол. *Плагиоклаздан тұратын негізді магмалық таужыныстар.*

**ПЛАЗМА**[1] [грек. plasma] зат. биол. *Ағзадағы, әсіресе, қан ішіндегі сұйық бөлшектер.*

**ПЛАЗМА**[2] зат. физ. *Қатты қызудың немесе соққының нәтижесінде жартылай не толығымен иондалған заттек.*

**Плазмамен тазарту.** хим. *Плазма доғасы немесе плазматроннан шыққан плазма ағынымен металдың бір түсын өте қатты қыздыру арқылы тазалау.*

**ПЛАГИОЛИПАРИТ** зат. геол. *Сеппелері орташа құрамды плагиоклаздардан ғана тұратын липарит (риолит).*

**ПЛАЗМОЛЕММА** [грек. plasma – плазма, lemma – қабық] зат. биол. *Жасуша протоплазмасын қоршаған ортадан бөліп, зат алмасу, тасымалдау, рецепторлық қызметтер атқаратын жасуша қабықшасы.*

**ПЛАЗМОХИМИЯ** зат. хим. *Төменгі температуралық плазмада химиялық процестері және осы процестердің плазма қасиеттеріне әсерін зерттейтін химия саласы.*

**ПЛАКАТ** [нем. plakat] зат. *Үгіт-насихат, көрнекі оқу құралы ретінде пайдаланылатын қысқа мәтінді сурет.*

**ПЛАКАТШЫ** зат. *Плакатқа сурет салатын суретші маман.*

**ПЛАН**[1] [лат. planus] зат. **1.** геогр. *Жер бетінің белгілі бір телімін жазықтықта (1:10000 не одан да үлкенірек масштабпен) шартты белгілердің көмегімен бейнелейтін сызба.* **2.** сәулет. *Қандай да бір ғимараттың немесе нәрсенің горизонталь қимасы немесе оның жоғарыдан қарағандағы көрінісі.* **3.** сөйл. *Белгілі бір жұмыстың алдын ала жасалған жобасы; жоспар.*

**ПЛАН²** зат. *Суретшінің картинада айтпақ болған ойының, негізгі идеясының көрінісі.*

**ПЛАНЕТА** [грек. planetes] зат. **1.** *Күннің айналасында эллипсистік орбита жасай қозғалатын шар түріндегі үлкен аспан денелері, ғаламшар.* **2.** *Жер шары.*

**Планеталар космогониясы.** астр. *Ғаламшарлардың пайда болуы мен даму жолдарын зерттейтін астрономия саласы.*

**ПЛАНЕТААРАЛЫҚ** сын. *Планеталар аралығында орналасқан, солардың аралығында болып жатқан.*

**ПЛАНЕТАЛЫҚ** сын. *Планетаға қатысты, планетамен байланысты, соған тән.*

**ПЛАНЕТАРИЙ** зат. астр. **1.** *Аспандағы Күн, Ай және т.б. аспан денелерінің қозғалысын көрсететін құрылғы.* **2.** *Осы аппарат орналасқан және оның жұмысын бақылап отыратын жай.*

**ПЛАНЕТЕЗИМАЛЬ** зат. геол. *Ғарыштық жұлдызаралық тұмандықтың тығыздалуынан пайда болған алғашқы қатты зат бөлшектері.*

**ПЛАНЁР** [франц. planeur] зат. авиац. *Ауада моторсыз қалықтап ұшуға арналған аппарат.*

**Планёр спорты** спорт. *Моторсыз, ауадан ауыр ұшу аппараты планермен жарысатын әуе спортының түрі.*

**ПЛАНЁРКА** зат. сөйл. *Ағымдағы мәселелер бойынша тез арада жиналып, шешетін өндірістік жиналыс.*

**ПЛАНЁРШІ** зат. *Планермен әуестенуші адам.*

**ПЛАНИМЕТР** [лат. planum – тегіс орын, metreo – өлшеймін] зат. мат. *Кез келген жазық фигуралардың ауданын анықтауға арналған құрылғы.*

**ПЛАНИМЕТРИЯ** [лат. planum – жазықтық, metreo – өлшеймін] зат. мат. *Жазықтықта жатқан фигуралардың сипаттарын зерттейтін элементар геометрияның бөлімі.*

**ПЛАНКТОН** [грек. plankton] зат. зоол. *Теңіздің, су айдындарының әртүрлі тереңдігінде мекен ететін, су ағынына қарсы тұра алмайтын ұсақ ағзалар мен өсімдіктер.*

**ПЛАНТ** зат. *Жер, ғимарат, табиғат ресурстары, сондай-ақ ұдайы пайдалануда болатын өзге де құрал-жабдық сияқты дүние-мүлік.*

**ПЛАНТАТОР** зат. *Плантацияның иесі.*

**ПЛАНТАТОРЛЫҚ** зат. *Плантаторға тән, плантатормен байланысты.*

**ПЛАНТАЦИЯ** [лат. prantatio] зат. егіншар. **1.** *Белгілі бір техникалық немесе азық-түліктік дақыл, мысалы, қамыс құрағы, күріш, мақта, қызылша, кофе және т.б. өсірілетін көлемді алқап.* **2.** *Оңтүстік Америка, Африка елдеріндегі егіншілік шаруашылығы.*

**ПЛАНУЛА** зат. биол. *Ішекқуыстылардың екі қабатты дернәсілі.*

**ПЛАНШЕТ** [франц. planchette] зат. **1.** *Топография, геология, география карталарын салып жүруге арналған беті жылтыр жалпақ сөмке.* **2.** *Бетіне сызба сызуға, сурет салуға арналған, сызу қағазы бекітілетін жиналмалы тікбұрышты тақта.* **3.** инф. *Ұялы телефон мен интернет желісін пайдалануға болатын, компьютер функциялары бар, экраны компьютерден кіші, қолтелефоннан үлкен партативті құрал.*

**ПЛАСПЕКАЦИЯ** зат. хим. *Полимерлік материалдарды керекті пластикалыққа жеткізу мақсатымен термиялық немесе механикалық өңдеу процесі.*

**ПЛАСТ** [грек. plastos] зат. сөйл. геол. *Қабат (біртекті тау жыныстарынан құралған жалпақ геологиялық дене).*

**ПЛАСТИЗОЛЬДАР** зат. хим. *Ұнтақ полимерлердің органикалық сұйықтықтардағы майдаланылуы.*

**ПЛАСТИК: пластик карточка.** экон. *Несиелік карточка.* **Пластик терезе.** *Жақтаулары синтетикалық полимерден жасалған терезе.*

**ПЛАСТИКА** [грек. plastike] зат. **1.** өнер. *Сомдау, қырнау, кесу т.б. жолдар арқылы көлемді бейне, туынды жасау өнері, скульптура.* **2.** театр. *Қимыл-қозғалыс пен сыртқы сымбат арасындағы үйлесімділік.*

**ПЛАСТИКАЛЫҚ¹** сын. физ. *Механикалық күштер әсерінен өлшемдері мен пішіндері қайтымсыз өзгертетін.*

**Пластикалық карта.** экон. *Ақшасыз есеп айырысу нысандарының бірі.*

**ПЛАСТИКАЛЫҚ²** сын. *Дене бітім, теріге қатысты.* **Пластикалық хирургия**. мед. *Адам денесіндегі кемістікті түрлі әдіспен түзеп, қалпына келтіретін хирургияның бір саласы.*

**ПЛАСТИКАТ** зат. *Оқшаулағыш материал, шлангі, ойыншық өнімдері ретінде пайдаланылатын пластикалық қоспалардың иілімді жұмсақ түрі.*

**ПЛАСТИЛИН** [итал. plastilina] зат. ***Ермексаз.***

**ПЛАСТИНКА** зат. сөйл. ***Күйтабақ*** *(радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын ән, музыка, сөз жазылған дөңгелек табақша).*

**ПЛАСТИНКАЛЫ** сын. *Айналмалы, дөңгеленіп тұратын; пластинкасы бар.*

**Пластинкалы конвейер.** тех. *Горизонталь не көлбеу (350-қа дейін) жазықтықта ауыр (500 кг және одан да ауыр), дара, ірі кесек жүктер, сондай-ақ қыздырылған заттар тасымалдайтын қондырғы.*

**ПЛАСТИФИКАТОРЛАР** зат. хим. *Өңдегенде және тұтынғанда полимерлердің және олардың негізіндегі материалдардың пластикалығы мен иілгіштігін жоғарылататын агенттер.*

**ПЛАСТМАС** зат. сөйл. ***Пластмасса.***

**ПЛАСТМАССА** зат. хим. *Химиялық жолмен алынған құрамында бұйымдарды дайындау кезінде созылғыштық, иілгіштік, пайдалану барысында шыны тәріздес немесе кристалдық қалпын сақтайтын полимер бар жеңіл әрі төзімді пластикалық материал. // Пластмассадан істелінген.*

**ПЛАСТОБЕТОН** зат. хим. *Полимер - бетон.*

**ПЛАСТОГРАФ** зат. хим. *Тұтқырлықты қарсыласу моментінің өзгеру сипаты бойынша пластмассалардың технологиялық қасиеттерін бағалауға арналған құрал .*

**ПЛАТИНА** [исп. platina] зат. мин. *Элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент (Pl); құндылығы жағынан алтыннан қымбат бағаланатын, сұрғылт ақшыл түсті жылтыр металл.*

**ПЛАТИНАЛЫ** сын. *Платинасы бар.*

**Платиналы металдар.** хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің YIII тобындағы қосымша топша элементтері: рутений, родий, палладий, осмий, иридий, платина.*

**ПЛАТИНАЛАУ** зат. хим. *Металл бұйымдар беттеріне платинаның жұқа қабатын электрохимиялық жалату үрдісі.*

**ПЛАТИНАТТАР** зат. хим. *Гексахлорплатинат дисутек қышқылының туындылары, кешенді қосылыстар .*

**ПЛАТИНИТ** зат. хим. *Биметалды сым құймасынан жасалып, беті жұқа мыс қабатымен қапталған, температуралық ұлғаю коэффициенті платина мен шынынікіне жуық, шыныға дәнекерленетін ток енгізуші бұйымдарда платинаны алмастыратын материал.*

**ПЛАТОБАЗАЛЬТТАР** зат. геол. *Жазықтықтар бетін көлбей көмкерген тегістелген жербедерлі ауқымды аумаққа төгіле жайылған базальт лавадан түзілген жамылғы.*

**ПЛАТОФОРМИНГ** зат. хим. *Алюмоплатинді өршіткідегі өршіткілік риформинг .*

**ПЛАТФОРМА¹** [франц. plate – тегіс, жазық, forme – пішін] зат. **1.** *Теміржол бойындағы шағын станса немесе жолаушылар пойызға мінетін жердегі алаң.* **2.** *Тауар тиейтін, шахтада кен таситын, шағын борттары бар, ашық, жайдақ жүк вагон.* **3.** геогр. *Материктердің геологиялық құрылымының негізгі элементі, жер қыртысының нашар тілімденген ірі бөлігі.*

**ПЛАТФОРМА²** зат. саяс. *Белгілі бір партияның, ұйымның ұстанған жолы, бағыты; іс-әрекетінің бағдарламасы.*

**ПЛАТФОРМАЛЫҚ** зат. *Платформаға қатысты.*

**ПЛАУН** [*Lycopodium*] зат. өс. *Плаун тәріздiлер класына жататын мәңгі жасыл шөптесін өсімдіктер.*

**ПЛАФОН** зат. қаржы. *Банкінің қарызгерге беретін несие сомасының шегі.*

**ПЛАЦ-ВЕКСЕЛЬ** зат. экон. *Төлем төленетін жері мен берілетін жері үйлес келетін вексель.*

**ПЛАЦДАРМ** [франц. plase darmes] зат. әск. *Бір мемлекеттің екінші мемлекетке шабуыл жасау мақсатында пайдаланатын аймағы.*

**ПЛАЦЕНТА** [лат. placenta] зат. анат. *Жоғары сатыдағы сүтқоректі жануарлардың аналық ағзасында ұрықтың даму кезінде пайда болып, жатыр мен ұрықты байланыстырып тұратын арнайы мүше.*

**ПЛАЦКАРТ** [нем. platz – орын, karte – билет] зат. *Әрбір төрт кісілік орны нөмірленіп бөлінген пойыз вагоны.*

**ПЛАЦКАРТТЫ** сын. *Плацкарт орындары бар.*

**Плацкартты вагон.** *Жататын орны бар, арнайы бөлікке бөлінген, есігі болмайтын вагон.*

**ПЛАЩ** зат. *Су өткізбейтін, жеңіл сырт киім.*

**ПЛАЩ-ПАЛАТКА** зат. *Су өткізбейтін үлкен жамылғы.*

**ПЛЕБЕЙ** [лат. plebejus] зат. **1.** *Ежелгі Римдегі саяси және азаматтық құқықтары жоқ төменгі тап өкілі.* **2.** сөйл. *Ресейде дворяндар ортасында төменгі таптың өкілдерін кемсітіп айтатын сөз.*

**ПЛЕБИСЦИТ** [лат. plebiscitum] зат. **1.** *Әдетте, нақты бір территория тағдырының мәселелері бойынша тұрғындарды сауалнамаға тарту ісі.* **2.** *Римдік құқықта плебейлердің жиналысымен қабылданатын қаулы.*

**ПЛЕВРА** зат. анат. *Көкірек қуысын іштей көмкерген, мұндағы органдарды сырттай қоршаған сірі қабық.*

**ПЛЕВРИТ** зат. мед. *Өкпенің қабынуынан, суық тиюден болатын ауру.*

**ПЛЕЙЕР** зат. инф. *Шағын портативті аудио немесе бейне құрылғы.*

**ПЛЕЙСТОН** [грек. plein] зат. зоол. *Су бетінде немесе денесі жарым-жартылай суға батқан күйде тіршілік ететін су организмдерінің жиынтығы.*

**ПЛЕКСИГЛАС** зат. тех. *Органикалық шайырдан жасалатын әйнек.*

**ПЛЕЙСТОЦЕН** (грек, pleistos – ең үлкен, kainos – жаңа) зат. геол. *Төрттік жүйеге қатысты геологиялық бөлім атауы.*

**ПЛЕКСИГЛАС** зат. хим. *АҚШ-тағы тұтасқан блокты полиметилметакрилаттың саудадағы атауы.*

**ПЛЕКСИТ** [лат. plexus] зат. мед. *Жүйке жүйесінің қабынуынан болатын ауру.*

**ПЛЕНКА** зат. **1.** ***Үлдір*** *(кино, фото суреттер түсіретін жарық түсіргіш лента).* **2.** *Дыбысты жазып алатын лента.* **3.** *Заттың сыртынан қапталатын жұқа қабыршақ.*

**ПЛЕНКАЛЫҚ** сын. *Пленкаға, үлдірге тән.*

**ПЛЕНУМ** [лат. plenum] зат. *Белгілі бір ұйымның немесе партияның сайланып қойылған басшы органы мүшелерінің толық құрамды жиналысы.*

**ПЛЕНУМДЫҚ** сын. *Пленумда көтерілетін, пленумда шешілетін.*

**ПЛЕОМОРФИЗМ** зат. биол. *XIX ғасырдың орта кезінде шыққан, микроорганизмдердің өзгергіштігін зерттейтін ілімнің бір бағыты.*

**ПЛЕОНАЗМ** [грек. pleonasmos] зат. лингв. *Қабаттасып, қатар қолданылу нәтижесінде бір мағынаны білдіріп қалыптасып кеткен екі сөз.*

**ПЛЕОНАЗМДАП** үст. *Қабаттастырып, қатарластырып.*

**ПЛЕРОЦЕРКОИД** зат. биол. *Жалпақ таспа-құрттардың балықтар денесінде дамитын дернәсілінің екінші сатысы.*

**ПЛИКАТИВТІК: пликативтік деформация.** геол. *Жер қыртысындағы таужыныс қатқабаттарының өз тұтастығын сақтай отырып, әр түрлі масштабтағы және пішіндегі қатпарлардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деформациялар жиынтығы.*

**ПЛИНТУС** [грек. plinthos] зат. *Қабырға мен еден арасындағы саңылауды бітейтін жапсырма тақтай тілігі.*

**ПЛИОЦЕН** (грек, pleion – үлкені; kainos – жаңа) зат. геол. *Неоген жүйесінің жоғарғы бөлімі.*

**ПЛИТА**[1] зат. **1.** *Тастан не металдан жасалған шаршы тақта.* **2.** геол. *Платформа аумағындағы жер қыртысының ірі, дұрыс тектоникалық құрылымы.*

**ПЛИТА**[2] зат. *От жағып ас пісіру үшін бетіне ыдыс қойылатын ойығы бар темір (көбіне шойын), тақталы пеш.*

**Плита үстіне қоятын кофеқайнатқыш.** тамақ. *Әртүрлі қыздырғыш аспаптарында қыздырылатын әдеттегі, гейзері бар арнайы кастрөлдер түріндегі кофеқайнатқыш.*

**ПЛИТАЛА=** ет. *Пештің бетіне плита салу.*

**ПЛИТАЛАУ** *Плита етістігінің қимыл атауы.*

**ПЛОМБА** [франц. plomb] зат. **1.** *Бөгде біреу ашпау үшін қапталған тауарға бекітілген ғимарат, вагон, құрылғылардың есігіне т.б. тағылатын мөр түріндегі белгі қойылған қорғасын, не пластикалық материалдың тілімшесі.* **2.** мед. *Тісжегіден болған тістегі ақауды, қуысты бітеу үшін қолданылатын тез қататын зат.*

**ПЛОМБАЛА=** ет. *Пломба салу.*

**ПЛОМБАЛАУ** *Пломбала етістігінің қимыл атауы.*

**ПЛОМБАЛЫҚ** сын. *Пломба материалы бола алатын.*

**ПЛОМБИР** [франц. plombieres] зат. тамақ. *Балмұздақтың шоколад, жаңғақ қосқан түрі.*

**ПЛОТИНА** зат. *Өзенді бөгеуге арналған гидротехникалық құрылыс.*

**ПЛОТТЕР** зат. инф. *Күрделі графикалық кескіндерді: сызбаларды, суреттерді, карталарды, графиктерді түрлендіріп қағазға сызып беретін график салу құрылғысы.*

**ПЛУНЖЕР** зат. хим. *Ұзындығы диаметрінен көп артық болатын ұзартылған поршень;*

**ПЛУТОКРАТ** зат. *Байлық арқасында ықпалы күшті, әрі билікке де ие, ат төбеліндей байлардың өкілі.*

**ПЛУТОКРАТИЯ** [грек. plutos – байлық, kratos – күш, билік] зат. саяси. *Мемлекетте қоғамның бай таптары биліктің маңызды тетіктеріне ие болып, мемлекеттік саясатқа бақылау орнатуға әрекет ету түрінде көрініс беретін дәулетті адамдардың билігі.*

**ПЛУТОН** зат. геол. *Жер қыртысының тереңіндегі магмалық таужыныстардың ірі интрузиялық массиві.*

**ПЛУТОНАТТАР** зат. хим. *Плутоний гидроксидінің туындылары.*

**ПЛУТОНИЙ** [лат. plutonium] зат. хим. *Ядролық ыдырау кезінде өте көп энергия шығаратын, мейлінше улы, радиоактивті, химиялық элемент.*

**ПЛЮМ** зат. геол. *Жердің терең қойнауларында пайда болатын ыстық балқыма.*

**ПЛЮМАЗИТ** зат. геол. *Олигоклаз (-75%) бен корундтан (-25%) тұратын плутондық таужыныс.*

**ПЛЮМБАТТАР** зат. хим. *Бос түрінде алынбаған мета қорғасын қышқылының H2PbO3 тұздары.*

**ПЛЮМБИТТЕР** зат. хим. *Екі валентті қорғасын қышқылының H2PbO2 тұздары.*

**ПЛЮРАЛДЫҚ** сын. *Плюрализмге тән.*

**Плюралдық вотум.** саяси. *Сайлаушылардың кейбір санаты сайлау барысында екі не одан да көп дауысты иелене алуы.*

**ПЛЮРАЛИЗМ** [лат. pluralis] зат. **1.** филос. *Дүниенің өзара бірлігін жоққа шығаратын, оның негізінде тек бір-біріне тәуелсіз көптеген бастамалар жатады деп уағыздайтын философиялық ілім.* **2.** саяси. *Көптеген әдістердің, көзқарастардың, партиялардың, бағыттардың болуы заңды деп танушылық.*

**ПЛЮС** зат. **1.** мат. *Қосу белгісі* **2.** пед. *Оқушының сабақ үлгерімі көрсетілген бағадан да жоғары дегенді білдіретін таңба* **3.** экон. *Акцияның қорытынды бағасы алдыңғы күнгі қорытынды бағадан жоғары дегенді білдіретін таңба.*

**ПЛЮС-ТИК** зат. саяс. *Өкімет билігі ат төбеліндей байлардың қолында болатын басқару салты.*

**ПЛЮЩ** зат. өс. сөйл. ***Ағашшырмауық*** *(жұмсақ, жасыл, жапырақты, жүйкелері ақ, бір нәрсеге өрмелеп, шырматылып шығатын үй өсімдігі).*

**ПЛЯЖ** [франц. plage] зат. сөйл. ***Жағажай.***

**ПНЕВМАТИКА** [грек. pneumatikos] зат. **1.** физ. *Газ тәрізді күйдегі заттарды зерттейтін физиканың бір саласы.* **2.** *Ауаны сығуға немесе сиретуге арналған құрылғы.*

**ПНЕВМАТИКАЛЫҚ** сын. физ. **1.** *Ауаны сығу арқылы жұмыс істейтін.* **2.** *Сығымдалған ауа толтырылған.*

**Пневматикалық бәрбі.** тех. *5-6 атм. қысымға дейін сығылған ауамен жұмыс істейтін бәрбінің түрі.* **Пневматикалық мылтық.** *Оғы тығыз ауаның қысымымен атылатын спортта қолданылатын қарудың түрі.* **Пневматикалық тұлып** спорт. *Соққыны жетілдіру үшін қолданатын боксшының жабдығы.*

**ПНЕВМАТОЛИЗ** [грек. pneumatos – есу, леп, lysis – ыдырау, еру] зат. хим. *Магмадан бөлініп шығатын тау жыныстары мен ұшқыш қосылыстардың қатысуымен өтетін минералдар түзілу үрдісі.*

**ПНЕВМО...** [грек. pneuma] *Күрделі сөздердің алдыңғы бөлігі.* **1.** *Пневматикалық деген мағына үстейді.* **2.** *Өкпеге қатысты деген мағына береді.*

**ПНЕВМОАВТОМАТИКА** [грек. pneuma – леп, ауа, грек. automatos] зат. тех. *Ақпараттар қысым не газ шығыны түрінде берілетін автоматтық басқару жүйесін іске асыруға арналған техникалық құралдар жиынтығы.*

**ПНЕВМОАВТОМАТИКАЛЫҚ** сын. *Пневмоавтоматикаға қатысты, пневмоавтоматикамен байланысты.*

**ПНЕВМОКОКК** [грек. pneuma – өкпе, kokkos – дән] зат. мед. *Өкпе қабынуын қоздырушы бактериялар.*

**ПНЕВМОКОНИЗ** [грек. pneumone – өкпе, konis – шаң] зат. мед. *Ұзақ уақыт (бірнеше жыл бойы) шаңды ауамен дем алу салдарынан пайда болатын кәсіптік өкпе ауруы.*

**ПНЕВМОНИЯ** [грек. pneumon] зат. мед. *Өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпе ауруы.*

**ПНЕВМОПІШІНДЕУ з**ат. хим. *Қысылған ауа арқылы полимерлі материалдардан бұйымдар пішіндеу .*

**ПНЕВМОТАСЫМАЛ** зат. тех. *Ауаның не газдың көмегімен сусымалы не дара жүктерді тасымалдауға арналған қондырғылар мен жүйелердің жиынтығы; өнеркәсіптік көліктің бір түрі.*

**ПНЕВМОТОРАКС** зат. *Ауа мен газдың көкірек қуысына еніп жиналуы.*

**ПНЕВМОТРАНСПОРТ** зат. хим. *Газ ағынымен немесе құбырдағы қысылған газ қысымы кемуінің әсерінен материалдардың жылжуы.*

**ПНЕВМОТЫҒЫЗДАҒЫШ** зат. тех. *Топырақтарды, жол материалдарын және жартылай фабрикаттарды тығыздайтын пневматикалық дөңгелекті машина.*

**ПОБЕДИТ** ор. зат. хим. *Вольфрам монокарбиді мен кобальттан ұнтақтық металлургия әдісімен алынатын қатты қорытпа.*

**ПОВЕЛЛИТ** зат. хим. *Молибдаттар класына жататын минерал, химиялық формуласы:* $CaMo0_4$.

**ПОВЕСТКА** ор. зат. сөйл. *Сотқа, әскер қатарына, т.с.с. ресми түрде жазылған шақыру қағаз.*

**ПОВЕСТЬ** ор. зат. әдеб. *Романға қарағанда сюжеті жағынан онша күрделі емес әдеби шығарма; прозалық жанр.*

**ПОВИДЛО** зат. тамақ. *Жеміс суына қант қосып қайнатылған қою, тәтті тағам.*

**ПОГОН** зат. *Әскери киімнің иығына тағылатын белгі.*

**ПОГОНДЫ** сын. *Погоны бар, шен.*

**ПОГОНОФОРАЛАР** [лат. pogonophoros] зат. биол. *Теңіздегі омыртқасыз жануарлардың бір типі.*

**ПОДАГРА** [грек. podagra] зат. мед. *Зат алмасудың бұзылуынан немесе буынның сырқырап, ісінуінен болатын ауру.*

**ПОДВАЛ**[1] зат. сөйл. ***Жертөле*** *(үйдің астынан қазып жасалған қойма).*

**ПОДВАЛ**[2] зат. типогр. *Газеттің көлденең сызықпен бөлінген тұтас етегі.*

**ПОДВАЛДЫҚ** сын. типогр. *Подвалға тән.*

**ПОДИУМ** [лат. podium] зат. **1.** *Ежелгі Грекия мен Римдегі үстіне храмдар салынған биік платформа.* **2.** *Ежелгі Рим циркінде лауазымды адамдар отыратын биік орын.* **3.** *Сахна төріндегі, стадиондағы, студиядағы көтеріңкі жер.* **4.** *Сән көрсететін жер.*

**ПОДНОС** зат. *Үстіне түрлі тағам салынған ыдыстарды қойып, тасуға арналған, табақ тәрізді темір немесе пластмасса ыдыс.*

**ПОДПОЛКОВНИК** зат. әск. *Майор мен полковник аралығындағы аға офицерлік әскери шен.*

**ПОДПОРУЧИК** зат. тар. *Патшалы Ресей әскеріндегі прапорщик пен поручик аралығындағы бірінші офицерлік шен.*

**ПОДШИПНИК** зат. тех. *Механизмнің айналып тұратын бөлшегін тіреп тұратын тетік.*

**ПОДЪЕЗД** зат. *Көп пәтерлі үйлердің кіре беріс бөлігі.*

**ПОДЫР** ескікіт. ***Опа.***

**ПОЕЗД** зат. сөйл. ***Пойыз*** *(бір не бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегінен тұратын теміржол көлігі).*

**ПОЗАҢЗЫ** зат. ескікіт. *Торсылдақ; салют.*

**ПОЗИТИВ** [лат. positivus] зат. *Негативтен қағазға я арнаулы шыныға түсірілген фотографиялық сурет.*

**ПОЗИТИВИЗМ** [франц. positivisme] зат. филос. *Нағыз ақиқат ғылымының жеке салаларында ғана пайда болып қалыптасатын, философиялық зерттеулердің ешқандай танымдық құны жоқ деген тезиске сүйенетін философиялық бағыт.*

**ПОЗИЦИЯ** [лат. positio] зат. **1.** *Орныққан орын, орналасқан жер.* **2.** әск. *Ұрыс қимылдарын жүргізу үшін әскерлер (күштер) орналастырылған немесе орналасулары белгіленген жергілікті жердегі алқап.* **3.** саяси. *Белгілі бір мәселе жөніндегі көзқарас, ұстаным, бағдар.* **4.** өнер. *Классикалық бидегі қолды ұстап тұру мен аяқтарды қоюдың бұлжымас ережелері.* **5.** *Жергілікті жердің белгілі бір теліміндегі, ауданындағы инженерлік жағынан жабдықталған бөлігі.* **6.** спорт. *Шахмат, дойбы тастарының орналасқан қалпы.*

**ПОЗИЦИЯЛЫҚ** зат. **1.** әск. *Ұзақ уақыт әскери позицияларда жүргізілетін.* **2.** *Белгілі бір позицияға қатысты, позицияға тән.*

**ПОИНТ** зат. қаржы. *АҚШ-та облигацияның атаулы құнының поинт түрінде көрсетілген пайыздық өзгерісі.*

**ПОЙКИЛОБЛАСТ** зат. геол. *Басқа минералдың не минералдардың бағдарланбаған ұсақ және көбінесе дұрыс пішінді кірінділері бар ірі минерал түйірлері .*

**ПОЙКИЛОТЕРМДІ: пойкилотермді организмдер**. зоол. *Салқынқанды организмдер.*

**ПОЙКИЛОЦИТОЗ** зат. мед. *Қызыл қан түйіршіктері, эритроциттердің әдеттегі формасының өзгеруі.*

**ПОЙТИНГ:пойтинг векторы.** физ. *Радиотолқынды тасымалдайтын қуатты сипаттайтын вектор.*

**ПОЙЫЗ** зат. *Бір не бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегінен тұратын теміржол көлігі.*

**Пойыздарды жөнелту.** техн. *Пойыз қабылдайтын пункттердің келісімін алу, станса жолдарында, маневр жұмыстары тоқталып, жөнелтілетін пойызға маршрут дайындау.*

**ПОКЕР** [ағыл.poker] зат. *Құмар карта ойынының түрі.*

**ПОЛБА** зат. өс. *Суыққа төзімді, шығынды, жоғары сапалы жарма дайындалатын астықтың және жемдік дәнді дақыл.*

**ПОЛИ...** [грек. poly] *Күрделі сөздің бір бөлігі (көптік мағынаны, бір нәрсенің жан-жақты қамтылуын немесе құрамының көп түрлігін көрсетеді).*

**ПОЛИАКРИЛАТТАР** зат. хим. *Акрил қышқылы эфирлерінің полимерлері.*

**ПОЛИАКРИЛЬДІ: полиакрильді эмальдар.** хим. *Полиакрильді лак негізіндегі эмальдар.*

**ПОЛИАКРИЛОНИТРИЛ** зат. хим. *Термиялық тұрақты, талшықтар өндірісінде кеңінен қолданылатын және қосаполимер ретінде дивинилнитрилді көксағыз өндірісінде де пайдаланылатын полимер.*

**ПОЛИАКРОЛЕИНДЕР** зат. хим. *Акролеин полимерлері.*

**ПОЛИАМИД** зат. хим. *Молекулаларында амид топтары бар, қатты, мүйіз тектес немесе мөлдір шыны тәріздес заттар.*

**ПОЛИАМИДТЕНУ** зат.хим. *Полиамид түзуге әкелетін поликонденсация.*

**ПОЛИАМИДТІ** сын. хим. *Құрамында полиамиді бар, полиамидтен тұратын.*

**Полиамидті талшық.** хим. *Полиамидтердің ерітінділерінен жасалатын синтетикалық, мықты, иілгіш, үйкеліске, майысуға төзімді, көптеген химиялық реагенттерге шыдамды талшық.*

**ПОЛИАМИНДЕР** зат. хим. *Макромолекулаларында біріншілік, екіншілік немесе үшіншілік аминтоптары бар полимерлер.*

**ПОЛИАНДРИЯ** [грек. poly – көп, көптеген, andros – ер, еркек] зат. 1. *Бір әйелдің бірнеше ері болушылығы, көп күйеулік.* 2. биол. *Бір аналық бірнеше аталықтармен қатысатын күйттік одақ.*

**ПОЛИАНТТЫ: полиантты раушангүлдер.** өс. *Көпгүлді раушангүлдерді қытай раушангүлдерімен будандастырудан алынған түрі.*

**ПОЛИАРИЛАТТАР** зат. хим. *Дикарбон қышқылының қалдығы, екіатомды фенолдың қалдығы.*

**ПОЛИАРИЛЕНСУЛЬФОНДАР** зат. хим. *Арилен топтары, мөлдір термопластар.*

**ПОЛИАРТРИТ** [грек. polys – көп, көптеген, arthron – буын] зат. мед. *Бірнеше буындардың қатар ісініп, қабынып ауыруы.*

**ПОЛИБЕНЗИМИДОЗОЛДАР** зат. хим. *Макромолекуланың негізгі тізбегінде бензимидозольді циклдері бар полимерлер.*

**ПОЛИБЕНЗОКСАЗОЛДАР** зат. хим. *Макромолекуланың негізгі тізбегінде бензоксазолды циклдері бар полимерлер.*

**ПОЛИБУТАДИЕН** зат. хим. *Синтездік көксағыз, бутадиен полимеризациясының өнімі.*

**ПОЛИБУТЕН** зат. хим. *Құбыр, қаптаулар өндіруге, кабельдер оқшаулауда т.б. жерлерде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИБУТИЛЕНТЕРЕФТАЛАТ** зат. хим. *Жақсы электроқшаулағыштық қасиеттері бар, электр және радиотехникалық бұйымдар жасауда қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛАЦЕТАЛЬДАР** зат. хим. *Бір топ синтездік желімдердің негізі болып саналатын термопластар.*

**ПОЛИВИНИЛАЦЕТАТ** зат. хим. *Желімдерде, полимербетонда байланыстырушы зат ретінде, поливинилді спирт, т.б. алуда қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛБУТИРАЛЬ** зат. хим. *Байланыстырғыш көп қабатты шыныларда қабықша жасауда қолданылатын, лактар, эмальдар, желімдер құрамына кіретін термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛИДЕНФТОРИД** зат. хим. *Тұтыну температурасы 1500С-қа дейін, электр оқшаулағыштық материалдар, электретті қабықшалар, құбырлар, беттер, талшықтар, т.б. өндірісінде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛИДЕНХЛОРИД** зат. хим. *Құбыршалар, талшықтар жасауға т.б. жерлерде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛСТЕАРАТ** зат. хим. *Пластмасса бұйымдарды пішіннен бөліп алуды жеңілдету үшін қажет майлардың құрамына кіретін термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛФОРМАЛЬ** зат.хим. *Көбікпластар, желімдер, электр оқшаулағыштық лактар т.б. өндірісінде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛФТОРИД** зат. хим. *Қабықшалар және суспензиялар түрінде жемірілуге қарсы сәндік және антиадгезиялық қаптаулар алуға қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИВИНИЛХЛОРИД** зат. хим. *Молекулалық массасы 300–400 мың болатын полимер [ыстыққа төзімді материал, кабельдер мен сымдарды электр оқшаулауда, беттер, құбырлар, қабықшалар, жасанды былғары, талшық өндірісінде т.б. қолданылады].*

**ПОЛИВИТАМИН** [грек. poly – көп, көптеген, лат. vita – өмір] зат. *Бірнеше дәрумендердің қоспасы.*

**ПОЛИВИТАМИНОЗ** зат. мед. *Дәруменнің бірнеше түрі жетпеуінен болатын ауру.*

**ПОЛИГАЛИТ**[1] [грек, poly – көп, galos – тұз] зат. геол. *Сульфатты шөгінді жатындарында кездесіп, тыңайтқыш өндірісінде пайдаланылатын,сульфаттар класына жататын минерал.*

**ПОЛИГАЛИТ**[2] зат. хим. *Табиғатта минерал түрінде кездесетін күкірт қышқылының біріккен тұздары, химия өнеркәсібінде бағалы шикізат .*

**ПОЛИГАЛОГЕНИДТЕР** зат. хим. *Кешен түзуші галогендердің бірінің ионы және ішкі сферада галогендердің бірінің молекуласы болатын галогендер.*

**ПОЛИГАМДЫ** [грек. polys – көптеген, gamos – неке] сын. *Полигамияға тән.*

**Полигамды жануарлар.** зоол. *Жануарлар арасында кездесетін жыныстық қатынастың түрі.*

**ПОЛИГАМИЯ** [грек. gamos] зат. **1.** *Көп некелілік.* **2.** биол. *Жануарларда бір аталықтың бірнеше аналықпен жыныстық қатынасқа түсу құбылысы.*

**ПОЛИГЕНИЗМ** зат. *Адам нәсілі өз алдына дербес, әртүрлі тектен тараған деп қарайтын ілім.*

**ПОЛИГЛОТ** [грек. polyglottos] зат. *Көп тілді білетін адам.*

**ПОЛИГОН** [грек. polygonos] зат. әск. **1.** *Әскери қару-жарақты, техниканы сынауға арналып жабдықталған үлкен, кең жер телімі, сынақалаң.* **2.** *Әскери жаттығулар өтетін орын.*

**ПОЛИГОНОМЕТРИЯ** зат. *Топографиялық түсірудің, қалалардың жоспары мен құрылысының т.б. негізі болатын геодезиялық тірек торын құру үшін жер беті нүктелерінің өзара орналасуын анықтау кезінде қолданылатын тәсілдердің бірі.*

**ПОЛИГРАФ**[1] зат. тех. *Бір жазуды екіншіге көшіретін аспап я көшіру ісі.*

**ПОЛИГРАФ**[2] зат. *Адамның сезім-күйін және қойылған сұрақтарға қысылмай жауап беруін барынша дәл анықтайтын құрал.*

**ПОЛИГРАФИЯ** [грек. polygraphia] зат. баспа. *Мәтіндік және графикалық материалдарды басып шығаруға арналған техникалық құралдар жиынтығы.*

**ПОЛИГРАФИСТ** зат. сөйл. *Полиграф ісінің маманы.*

**ПОЛИДОДЕКАНАМИД** зат. хим. *Антифракциялық, конструкциялық және электр оқшаулағыштық бұйымдар өндірісінде қолданылатын полиамид.*

**ПОЛИЕНДЕР** зат. хим. *Молекулалар құрамында үш не одан да көп қос байланыстары бар көмірсутектер.*

**ПОЛИИЗОБУТИЛЕН** зат. хим. *Изобутилен полимеризациясының көксағыз өнімі.*

**ПОЛИИЗОПРЕН** зат. хим. *Жоғары молекулалы стереоретті қосылыс буындары көбінесе цис-конфигурацияда орналасқан, изопренді табиғи және синтездік көксағыздардың басты құраушысы.*

**ПОЛИИМИДОАМИДТЕР** зат. хим. *Негізгі тізбектерінде амидті және имидті топтары бар полимерлер.*

**ПОЛИИМИДТЕР** зат. хим. *Негізгі немесе бүйір тізбектерінде имидті топтары бар полимерлер, ұзақ пайдалануға арналған бұйымдарды өндіруде қолданылады .*

**ПОЛИКАРБОНАТТАР** зат. хим. *Мөлдір термопластар, электротехникада, оптикада, машиналардың шынысын және соғуға төзімді шынылар жасауда қолданылатын екіатомды фенолдың радикалы.*

**ПОЛИКАРБОРАНДАР** зат. хим. *Негізгі немесе бүйір тізбектерінде көміртекпен байланысқан бор атомдары бар полимерлер.*

**ПОЛИКЛИНИКА** [нем. Poliklinik] зат. сөйл. ***Емхана** (науқас адамдар келіп-кетіп емделетін медициналық мекеме).*

**ПОЛИКОНДЕНСАЦИЯЛАНУ** зат. хим. *Өзара әрекеттесуші мономерлердің немесе олигомерлердің орынбасу реакцияларына негізделген полимерлер синтезінің әдісі.*

**ПОЛИКРИСТАЛЛ** [грек. poly – көп, krystallos – дене] зат. хим. *Көбінесе дұрыс кристалдық қырлануы жоқ көптеген ұсақ түйіршіктерден тұратын қатты дене.*

**ПОЛИКСЕН** [грек. poly – көп, xenos – бөтен] зат. геол. *Ультранегізді таужыныстарда, кварц желілерінде, аллювийлік шашылымдарда кездесетін платинаның кені .*

**ПОЛИҚОСЫЛУ** зат. хим. *Төменгі молекулалы заттар түзбей жүретін поликонденсация.*

**ПОЛИМӘДЕНИ** сын. *Көп мәдениетті.*

**ПОЛИМЕР** [грек. poly – көп, meros – үлес, бөлік] зат. хим. *Молекулалары қайталанып топтасатын, молекулалық массасы үлкен химиялық қосылыстар.*

**Полимерлердің радиациялық тігілуі.** хим. *Иондаушы сәуле шығару әсерінен полимерлердің тігілуі.* **Полимерлердің тігілуі.** хим. *Сызықты немесе тармақталған макромолекулалар арасындағы бірыңғай кеңістікті құрылымға ие болатын көлденең химиялық байланыстардың түзілуі.*

**ПОЛИМЕРАЗАЛАР** зат. хим. *Химиялық қасиеттері бойынша жақын мономерлік буындардың полимерлену реакцияларын өршітетін ферменттер класы.*

**ПОЛИМЕРБЕТОН** зат. құр. *Көпірлерді, жолдарды, өндірістік жайлардың едендерін қаптауға, шахталық тіреулер жасауға, т.б. қолданылатын жоғары молекулалық байланыстырғыштар негізіндегі бетон.*

**ПОЛИМЕРГОМОЛОГТАР** зат. хим. *Макромолекулалары бірдей буындардан құрылған және полимерлену дәрежесімен ғана өзгешеленетін полимерлер.*

**ПОЛИМЕРЛЕ=** ет. *Полимер қосу, полимер жағу.*

**ПОЛИМЕРЛЕСТЕР** зат. хим. *Макромолекуласы бірнеше типті мономерлерден тұратын полимерлер.*

**ПОЛИМЕРЛЕСТІРУ** зат. хим. *Екі не одан да көп мономерлердің бірлесе полимерленуі.*

**ПОЛИМЕРЛЕУ** *Полимерле етістігінің қимыл атауы.*

**Полимерлеу ингибиторы.** хим. *Кіші молекулалардың бірігіп, үлкен молекулалы заттарға айналу үдерісін баяулататын не тоқтататын заттек.*

**ПОЛИМЕРЛЕН=** ет. *Полимерге айналу.*

**ПОЛИМЕРЛЕНДІР=** ет. *Полимерге айналдыру.*

**ПОЛИМЕРЛЕНДІРУ** *Полимерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ПОЛИМЕРЛЕНУ** *Полимерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ПОЛИМЕРЛІ** сын. *Полимері бар, полимер қосылған.*

**Полимерлі компаунд.** физ. *Полимерлер, олигомерлер немесе мономерлер негізіндегі композиция.*

**ПОЛИМЕРЛІК** сын. *Полимерге жататын, соған қатысты.*

**ПОЛИМЕРЦЕМЕНТ** зат. хим. *Байланыстырушы бейорганикалық және жоғары молекулалық органикалық құрауыштан тұратын цемент.*

**ПОЛИМЕТАКРИЛАТТАР** зат. хим. *Протездер, көзге орнатылатын контакты линзалар, сонымен қатар лактар, желімдер дайындауда, т.б. қолданылатын сынбайтын органикалық шыны.*

**ПОЛИМЕТАЛЛ** [грек. polys – көп, metallum – тас] зат. мин. *Қорғасын мен мырыш, мыс, алтын, күміс, кадмий, кейде висмут, қалайы, индий, галлийден тұратын кешенді көктастар.*

**ПОЛИМЕТАЛДЫҚ** зат. *Полиметалға тән, полиметалға қатысты.*

**ПОЛИМЕТАЛИЗМ** зат. *Екеуден көп металға негізделген ақша жүйесі.*

**ПОЛИМЕТАМОРФИЗМ** зат. геол. *Бұрыннан метаморфтанған таужыныстардың жаңа метаморфизм жағдайында тағы да өзгерістерге ұшырау процесі не көп сатылы метаморфизмнің көрініс беруі.*

**ПОЛИМЕТИЛЕНОКСИД** зат. хим. ***Полиформальдегид.***

**ПОЛИМЕТИЛМЕТАКРИЛАТ** зат. хим. *Беттік органикалық шыны ретінде жарық техникалық бұйымдар жасауда, лазер техникасында конструкциялық материал, т.б. ретінде қолданылатын мөлдір термопласт.*

**ПОЛИМИКТІ: полимикті құмтас.** геол. *Құрамы әр түрлі таужыныстардың сынықшаларынан және әр түрлі минерал түйірлерінен тұратын құмтас (құмайтас).* **Полимикті таужыныс.** геол. *Құрамындағы таужыныс сынықшалары мен минерал түйірлері екіден көп шөгінді таужыныстар.*

**ПОЛИМИНЕРАЛДЫ: полиминералды жыныстар.** кен. *Екі не одан да көп минералдардан түзілген тау жыныстары.*

**ПОЛИМИОЗИТ** зат. мед. *Бұлшық еттердің қабынуынан болатын ауру.*

**ПОЛИМОРФИЗМ** [грек. poly morphos] зат. биол. **1.** *Жануарлар мен өсімдіктердің популяция шеңберінде генетикалық жағынан өзгеше, бір-бірінен айқын ерекшеленетін дара түрпаттылары.* **2.** хим. *Біртүрлі заттардың түрліше кристалдана алатын қабілеттілігі.*

**ПОЛИНЕВРИТ** [грек. polys – көп, neuron – нерв] зат. мед. *Бірнеше жүйке талшықтарының қабынуынан болатын ауру.*

**ПОЛИНУКЛЕОТИДТЕР** зат. хим. *Синтездік және табиғи нуклеин қышқылдары.*

**ПОЛИОКСИМЕТИЛЕН** зат. хим. ***Полиформальдегид.***

**ПОЛИОЛЕФИНДЕР** зат. хим. *Олефиндерден гомо- және қосполимерлену арқылы алынатын және жебір орталарға төзімді жоғары диэлектрлік қасиеттері бар ылғал және газ өткізгіштігі аз болатын термопластар.*

**ПОЛИОМИЕЛИТ** [грек. polios – сұр, myelos – жұлын] зат. мед. *Жүйке жүйесінің зақымдануынан қол-аяқтың қозғалмай қалуына апарып соғатын ауру.*

**ПОЛИП** [грек. polyous, poly – көп, pus – аяқ] зат. мед. **1.** *Кейбір мүшелердің ішкі кілегей қабықтары қабыну салдарынан пайда болатын қатерсіз ісік, артық өскін.* **2.** зоол. *Бір нәрсеге жабысып, су түбіне бекіп, тіршілік ететін теңіз жәндігі.*

**ПОЛИПЕПТИДТЕР** зат. хим. *Аминқышқылдары қалдықтарынан тұратын пептидтер .*

**ПОЛИПОЛИЯ** [грек. poly] зат. экон. *Ірі сатушылардың шектеулі саны бәсеке шарттарын қолдау үшін жеткілікті сипатта болатын нарықтық жағдай.*

**ПОЛИРЕКОМБИНАЦИЯ** зат. хим. *Тізбектің өсуі реакциялық жүйеде бос радикалдар рекомбинациясы арқылы өтетін поликонденсация.*

**ПОЛИПРОПИЛЕН** зат. хим. *Органикалық ерітінділердеерімейтін, қайнап тұрған судың және сілтілер ерітінділерінің әрекетіне тұрақты, органикалық емес ерітінділерде ыдырайтын полипропиленнің полимерленуінің қатты өнімі.*

**ПОЛИС**[1] [итал. polizza] зат. *Сақтандырушы сақтандыру шартын куәландыру ретінде беретін және оның шарттары баяндалған құжат, куәлік.*

**ПОЛИС**[2] [грек. polis] зат. *Қала-мемлекет, Ежелгі Грекия мен Римге тән қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси ұйымдарының ерекше түрі.*

**ПОЛИСАХАРИДТЕР** зат. хим. *Моносахаридтер қалдықтарынан түзілетін табиғи полимерлі көмірсутектер класы.*

**ПОЛИСЕМАНТИЗМ** [грек. poly – көп, semanticos – мағына білдіру] зат. лингв. *Сөздердің көпмағыналылығы.*

**ПОЛИСЕМИЯ** [грек. poly – көп, грек. sema – белгі] зат. лингв. *Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болу қасиеті; көпмағыналылық.*

**ПОЛИСЕМИЯЛЫ** сын. *Көпмағыналы (сөз).*

**ПОЛИСИНТЕТИКАЛЫҚ: полисинтетикалық тілдер.** лингв.<грек. poli – көп, synthesis – біріктіру, тіркестіру, құрастыру> *Морфологиялық тұрғыдан тұтас тұлғаланатын тілдер.*

**ПОЛИСМЕН** [ағыл. policeman] зат. *Англияда, АҚШ-та және кейбір елдердегі полиция қызметкері.*

**ПОЛИСТИРОЛ** зат. хим. *Өнеркәсіптің әртүрлі салаларында конструкциялық, электр оқшаулағыш, сәндік-өңдегіш материал ретінде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИСУЛЬФИДТЕР** зат. хим. *Құрамында – Sn– , атомдық топтасу кіретін химиялық қосылыстар.*

**ПОЛИСУЛЬФОНДАР** зат. хим. *Негізгітізбекте –SO2- топтары бар полимерлер.*

**ПОЛИТЕИЗМ** [грек. poly – көп, грек. theos – құдай] зат. *Көп Құдай бар деген түсініктегі діннің бір түрі, көп Құдайға табынушылық.*

**ПОЛИТЕТРАФТОРЭТИЛЕН** зат.хим. *Жоғары химиялық және антифрикционды қа-*

*сиеттерімен сипатталатын, жылуға төзімді термопласт.*

**ПОЛИТЕХНИЗАЦИЯ** [грек. poly – көп, грек. tehne – өнер] зат. *Политехникалық білім беру жүйесіне көшу, соны іске асыру ісі.*

**ПОЛИТЕХНИЗМ** зат. пед. *Мектепте еңбекке баулу көзделетін оқыту жүйесі.*

**ПОЛИТЕХНИКА** зат. *Техниканың барлық саласын қамтып, өндірістің негізгі ғылыми принциптерімен таныстыратын білім жүйесі.*

**ПОЛИТЕХНИКАЛАНДЫР=** ет. *Политехникалық білім беру жүйесін іске асыру.*

**ПОЛИТЕХНИКАЛАНДЫРУ** *Политехникаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Техниканың әр саласынан білім беріп, өндіріске маман кадрлар дайындайтын (институт, техникум).*

**Политехникалық білім беру**. пед. *Оқушыларды өндіріспен таныстырып, еңбекке баулуды көздейтін кеңестік тәрбиенің құрамды бөлігі.* **Политехникалық оқу**. пед. *Мектепте политехникалық білім беру міндеттерін жүзеге асыратын, техниканың әр саласынан білім беретін оқу-тәрбие үрдісі.*

**ПОЛИТРИФТОРХЛОРЭТИЛЕН** зат. хим. *Жемірілуге қарсы қаптаулар, матаға сіңіруге арналған суспензиялар алуда, радио және электротехникалық бұйымдар, қабықшалар, ленталар, майлар өндірісінде т.б. салаларда қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИТРУК** ор. зат. әск. *Ротадан бастап барлық әскери бөлімшелерде болатын саяси жетекші.*

**ПОЛИУРЕТАНДАР** зат. хим. *Пластмассалар, лактар, желімдер, герметиктер өндіруде, жасанды былғары өндірісінде пайдаланылатын полимер.*

**ПОЛИУРЕТАНДЫ: полиуретанды эмальдар.** хим. *Полиуретанды лак негізіндегі эмальдар.*

**ПОЛИУРИЯ** зат. мед. *Несеп мөлшерінің шектен тыс молаюы.*

**ПОЛИТУРА** зат. хим. *Табиғи шайырдың (шеллактың) спиртті ерітіндісі.*

**ПОЛЛИУЦИТ** зат. геол. *Силикаттар класының қаңқасты түріне жататын минерал. Гидротермалық минерал ретінде граниттер мен пегматиттердегі қуыстарда кездесетін, цезийдің кені.*

**ПОЛИФАГ** [грек. poly – көп, phagos – обыр, жемір] зат. *Түрлі азықпен қоректенетін жануар.*

**ПОЛИФАГИЯ** зат. *Қорек көзінің көп түрін пайдалану, полифагтардың түрлі өсімдік және жануар тектес тағамдармен қоректенуі.*

**ПОЛИФАЦИЯЛЫҚ** сын. геол. *Түзілімдердің нақтылы типінің (мысалы доломитті тaужыныстардың) әртүрлі фацияларға жататындығы.*

**ПОЛИФЕНИЛЕНДЕР** зат. хим. *Негізгі тізбегі бензолды ядролардан құрылған полимерлер.*

**ПОЛИФЕНИЛЕНОКСИД** зат. хим. *Поли-2,6-диметил п-фенилен-оксид.*

**ПОЛИФОНИЯ** [грек. polyphonia, грек. poly – көп, phonia – дауыстылық] зат. *Музыкадағы тең көпдауыстылық, яғни бірнеше дауыстың қосылып айтылуы, көп дауыстың үйлесу құбылысы.*

**ПОЛИФОНИЯЛЫҚ** сын. *Полифонияға қатысты, сонымен байланысты.*

**ПОЛИФОРМАЛЬДЕГИД** зат. хим. *Конструкциялық материал ретінде машина және құрал-жабдықтар жасауда, сондай-ақ талшық жасап шығаруда пайдаланылатын термопласт.*

**ПОЛИФОСФАТТАР** зат. хим. *Химиялық қоспалар, полифосфор қышқылдарының тұздары.*

**ПОЛИХИНОКСАЛИНДЕР** зат. хим. *Негізгі тізбекте хиноксалин циклдері бар полимерлер.*

**ПОЛИХЛОРВИНИЛ** зат. кен. *Жерасты құбырларын тозудан сақтау үшін сыртынан қаптайтын материал.*

**ПОЛИХРОМИЗМ** [грек. chroma] зат. хим. *Кәдімгі жарықта сәуленің түсу бағытына қарай минералдың түсін өзгерту қасиеті.*

**ПОЛИХЛОРОПРЕН** зат. хим. *Синтетикалық каучук; хлорпреннің полимерлену өнімі.*

**ПОЛИЦЕЙ** зат. сөйл. *Полиция.*

**ПОЛИЦЕНТРИЗМ** [грек. poly – көп, лат. centrum – орталық] зат. **1.** *Адамзаттың пайда болу мәселелерін жер шарының әрбір нүктесінен қарастыратын теория.* **2.** саяси. *Халықаралық қатынастарда бірнеше орталықтардың болуы, яғни әлемдік саясаттың дамуын анықтайтын қуатты мемлекеттік блоктар.*

**ПОЛИЦИКЛДІ: полициклді қосылыстар.** хим. *Құрамына конденсацияланған жүйелер кіретін химиялық қосылыстар.*

**ПОЛИЦИКЛОКОНДЕНСАЦИЯ** зат. хим. *Макромолекулада карбо немесе гетероциклдер түзетін циклденумен өтетін полимерлер синтезі.*

**ПОЛИЦИЯ** [нем. Polizei] зат. *Кейбір елдерде тәртіпті қорғайтын қадағалау мен мәжбүрлеу органдарының айрықша жүйесі, сондай-ақ қалыпты қоғамдық құрылысты қорғайтын ішкі мақсаттағы әскерлер.*

**ПОЛИЦМЕЙСТЕР** [нем. Polizeimeister] зат. *Ірі қалалардағы полицияның бастығы.*

**ПОЛИЭЛЕКТРОЛИТТЕР** зат. хим. *Макромолекулаларында ионогенді топтары бар полимерлер.*

**ПОЛИЭТЕРИФИКАЦИЯ** зат. хим. *Тізбектің өсуі күрделі эфирлік байланыстар түзуге әкелетін поликонденсация.*

**ПОЛИЭТИЛЕН** зат. хим. *Құбырлар, сымдар мен кабельдерді оқшаулағыштар ретінде қолданылатын физиологиялық тұрғыдан зиянсыз этиленнің полимерленуінен алынатын өнім.*

**ПОЛИЭТИЛЕНИМИН** зат. хим. *Қағаз өндірісінде, флокулянт ретінде, су тазартуда қолданылатын суда ерімтал полимер.*

**ПОЛИЭТИЛЕНОКСИД** зат. хим. *Суда ерімтал қабықша мен жіптер өндірісінде, латекс қоюлатқышы, флотореагент және коагулят ретінде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИЭТИЛЕНПОЛИАМИН** зат. хим. *Күңгірт түске боялатын сұйықтық.*

**ПОЛИЭТИЛЕНТЕРЕФТАЛАТ** зат. хим. *Полиэфирлі талшық, қабықша материалдар, конструкциялық және электротехникалық бұйымдар өндірісінде қолданылатын термопласт.*

**ПОЛИЭФИР** [грек. poly – көп, arther – ауаның үстіңгі қабаты] зат. хим. *Молекуласында жай эфир немесе күрделі эфирлік тобы бар полимерлер.*

**ПОЛИЭФИРУРЕТАНДАР** зат. хим. *Конструкциялық материалдар ретінде машинажасауда және тау-кен өнеркәсібінде қолданылатын термопластар,.*

**ПОЛК** зат. әск. *3–5 не одан да көп батальоннан тұратын, әкімшілік, шаруашылық жағынан дербес басқарылатын әскери бөлім.*

**Полк артиллериясы.** әск. *Мотоатқыштар полкінің құрамына (танкілік әуе десанты) енетін, полк командиріне тікелей бағынатын артиллериялық және зеңбіректі бөлімшелер.*

**ПОЛКА** зат. сөйл. **1.** ***Сөре*** *(зат, кітап т.б. қоюға арналған тақта).* **2.** *Вагондардың ішінде жолаушылар жатып тынығатын орын.*

**ПОЛКОВНИК** зат. әск. *Подполковниктен жоғары офицерлік атақ.*

**ПОЛКТАС** сын. *Бір полкта болып, әскери міндетті бірге атқарған (адам).*

**ПОЛКТІК** сын. әск. *Полкке тән, полкке қатысты.*

**ПОЛЛАКИУРИЯ** зат. мед. *Несепті жиі шығару.*

**ПОЛЛИНОЗ** [лат. pollinis] зат. мед. *Өсімдік гүлдеген кезде байқалып, адамның мұрнынан су ағып, көзді жасауратaтын, өсімдік тозаңынан пайда болатын аллергиялық ауру.*

**ПОЛЛЮТАНТТАР** зат. мед. *Тіршілік мекен орталарының алуан түрлі зиянды заттармен ластануы.*

**ПОЛОВЕЦ: половецтер [құман] тілі.** лингв. *Түркі тілдерінің бір түрі; 11–14 ғасырларда оңтүстік орыс далаларында өмір сүріп, қазір қолданудан шыққан қыпшақ-половецтердің тілі.*

**ПОЛОНЕЗ** [франц. polonaise] зат. муз. **1.** *Поляк халық билерінің негізінде шыққан салтанатты би.* **2.** *Осы биге арналған музыка.*

**ПОЛОНИЙ** [лат. polonium] зат. хим. *Сирек кездесетін, радиоактивті химиялық элемент.*

**ПОЛОТНО** зат. **1.** *Тығыз тоқылған, қалыңдау матаның түрі.* **2.** *Майлы бояумен салынған сурет.* **3.** ауыс. *Көркем шығарма арқылы тілмен бейнеленген, жеткізілген өмір суреті.*

**ПОЛЬКА** [чеш. polka] зат. муз. *Чехтың халық биі.*

**ПОЛЮС** [лат. polus] зат. **1.** геогр. *Жердің айналу осінің ең қиыр нүктесі және соның төңірегі.* **2.** физ. *Магниттің я электромагниттің екі басының бірі.*

**ПОЛЮСТІК** зат. хим. *Диполь моментінің бар болуы.*

**ПОЛЯК** зат. *Польшаның негізгі халқы, ұлт және осы ұлттың өкілі.*

**ПОЛЯКША** үст. *Поляк тілінде.*

**ПОЛЯР**: **поляр климаты.** геогр. *Қысы қатал әрі ұзақ, поляр аймағының климаты.* **Поляр күні.** *Күні жоғары ендіктерде көптеген тәулік бойы көкжиектен батпайтын кезең.* **Поляр қайыңы.** *Тундарада өсетін аласа қайың.* **Поляр стансасы.** *Материктердің жағалауы мен Солтүстік Мұзды мұхит аралдарында және Антарктидада аэрометеорологиялық, гидрологиялық, гляциологиялық бақылаулар жүргізу мақсатында құрылған ғылыми-бақылау мекемесі.* **Поляр түні**. *Полюсте бірнеше ай бойына үнемі түн болып тұратын мезгіл.* **Поляр шеңбері.** геогр. *Экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай 66°33’ ендіктерде жүргізілген параллель.* **Поляр шұғыласы [жарқылы].** геогр. *Оқтын-оқтын жоғары ендіктерде байқалатын түнгі аспан қабаттарының жарқырауы.*

**ПОЛЯРИЗАТОР** зат. физ. *Толық не жартылай поляризацияланған оптикалық жарық сәулесін алуға арналған құрылғы.*

**ПОЛЯРИЗАЦИЯ** [франц. polarisation] зат. физ. *Жарық толқындарының белгілі бір жазықтықта жату қасиеті.*

**ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАН=** ет. *Поляризация пайда болу.*

**ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНУ** *Поляризациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ПОЛЯРИМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Оптикалық белсенді заттар арқылы өткенде жарықтық үйектелу жазықтығының бұрылу шамасын өлшеу әдісі.*

**ПОЛЯРЛАН=** ет. сөйл. *Поляризациялану.*

**ПОЛЯРЛАНУ** *Полярлан етістігінің қимыл атауы.*

**ПОЛЯРЛЫҚ** сын. *Жердің айналу осінің ең қиыр нүктесі – полюспен байланысты.*

**Полярлық шұғыла**. ***Поляр шұғыласы*** *(атмосфераның жоғары қабаттарында байқалатын жарқыл).*

**ПОЛЯРОГРАФИЯ** зат. хим. *Беті үнемі жаңарып тұратын сынаптан (не басқа заттан) жасалған катодта болатын үйектілік процестерді пайдаланып, полярограф деген құрал арқылы полярограмма түсіруге негізделген физика-химиялық талдау әдістерінің бір түрі.*

**ПОЛЯРОИД** зат. хим. *Қазіргі кездегі микроскоптарда қолданылатын үйектегіш.*

**ПОМАДКА** зат. тамақ. *Хош иісті жұмсақ мәмпәсидің бір түрі.*

**ПОМАЗИ** зат. сөйл. *Бумазей.*

**ПОМЕЩИК** ор. зат. *1917 жылға дейін Ресейдегі ірі жер иесі, үстем тап өкілі.*

**ПОМЕЩИКТІК** сын. *Помещикке тән, помещик үстемдік етіп отырған.*

**ПОМИДОР** [итал. pomidoro] зат. өс. ***Қызанақ.***

**ПОНТЕР** зат. *Карта ойынындағы қолы жүрген ойыншы.*

**ПОНТОН** [франц. ponton] зат. **1.** *Суда әртүрлі құрылғыларды ұстап тұру үшін ағаштан, металдан, пластмассадан, резеңкеленген матадан немесе темір-бетоннан жасалатын қарапайым жүзу құралы.* **2.** *Қатты (металдан) немесе жұмсақ (резеңкеленген матадан) жасалған, батып кеткен кемелерді көтеруге қолданылатын цилиндрлі сыйымдылықтар.*

**ПОП¹** [ағыл. pop] зат. діни. *Шіркеудегі дін өкілі.*

**ПОП²** [ағыл. popular] зат. *Қазіргі бұқаралық мәдениет; кеңінен таралған музыка.*

**ПОП-АРТ** [ағыл. pop – көпшілік, art – өнер] зат. өнер. *XX ғ. 50 ж. ортасында пайда болған ағылшын-американдық өнердің бір бағыты.*

**ПОП-ЖҰЛДЫЗ** зат. *Поп-музыкадағы әйгілі, танымал эстрада әншісі.*

**ПОП-МУЗЫКА** [ағыл. pop music] зат. муз. *Жеңіл эстрада музыкасының түрлі стильдері мен бағыттарының жалпы атауы.*

**ПОП-МУЗЫКАЛЫҚ** сын. *Поп-музыкаға тән.*

**ПОПУЛИЗМ** [лат. populus] зат. *Белгілі бір әлеуметтік-саяси топтардың халыққа негізсіз уәделер беріп, жалған ұрандарын алға тартып, өз мақсаттарына жетуге бағытталған қызметі.*

**ПОПУЛИСТ** зат. *Популизмді қолданушы, популизмге бейім адам.*

**ПОПУЛИСТІК** сын. *Популизмге, популиске қатыстылық.*

**ПОПУЛЯЦИЯ** [франц. population] зат. биол. *Белгілі бір кеңістікте генетикалық жүйе түзетін, бір түрге жататын және еркін жұптаса алатын даралар жиынтығы.*

**ПОПУЛЯЦИЯЛЫҚ** сын. *Популяцияға тән.*

**Популяциялық экология.** *Популяцияларды түр тіршілігінің қарапайым формасы ретінде қарастырып зерттейтін бөлімі.*

**ПОПУРИ** [франц. pot-pourri] зат. муз. *Бір жанрдағы немесе белгілі бір композитордың танымал әуендерінен құрастырылған музыкалық инструменталдық шығарма.*

**ПОРА-ПОРА** сын. *Ағыл-тегіл, борша-борша.*

**Пора-порасы шықты**. *Ағыл-тегіл жылады.*

**ПОРАС** сын. ескікіт. *Нашар, әлсіз*

**ПОРНО-БИЗНЕС** зат. *Бейәдеп әдебиетті сатумен, арсыздық, ұятсыздық түрмысты жарнамалаумен байланысты кәсіпкерлік қызмет.*

**ПОРНОГРАФИЯ** [грек. pornos – азғындық, grapho – жазамын] зат. *Жыныстық қатынастарға қатысты әдепсіздік, анайылық көрсетілген сурет, баспа өкімі, фильм.*

**ПОРНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Порнографияға тән.*

**Порнографиялық фильм.** *Жыныстық қатынас анайы көрсетілетін фильм.*

**ПОРОЛОН** зат. *Жұмсақ жиһаз, киім, кілем т.б. заттар жасауда кең қолданылатын, химиялық жолмен алынған синтетикалық материал.*

**ПОРОШОК** зат. сөйл. **1.** ***Ұнтақ*** *(киім кірін тазартатын синтетикалық ұнтақ).* **2.** *Тіс тазалауға арналған ұнтақ.*

**ПОРСЫЛДАҚ** зат. өс. сөйл. ***Торсылдақ.***

**ПОРТ** [франц. port] зат. *Толқын соғуынан қорғалған және кемелердің тоқтауы үшін арнайы жабдықталып, жүк тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін теңіз, көл, өзен жағалауындағы орын.*

**ПОРТАЛ** [лат. porta] зат. *Ғимараттардың кіреберісіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элементтің бір түрі.*

**ПОРТВЕЙН** [нем. Portwein] зат. *Арзанқолды шараптың бір түрі.*

**ПОРТЛАНДЦЕМЕНТ** зат. тех. *Цемент клинкері, гипс және активті минерал қоспасын біріктіріп ұнтақтағанда алынатын гидравликалық тұтқыргыш.*

**ПОРТО** зат. қаржы. *Клиенттің есебіне жатқызылатын пошта-телеграф шығыны.*

**ПОРТО-ФРАНКО** зат. экон. *Шекарасына шетел тауарлары бажсыз әкелінетін порт, еркін порт.*

**ПОРТРЕТ** [франц. portrait] зат. **1.** өнер. *Бейнелеу өнерінде: кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі.* **2.** әдеб. *Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің түр-түсін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын суреттеушілік.*

**ПОРТРЕТТІК** сын. *Портретке тән, портретке ұқсас.*

**ПОРТСИГАР** [франц. porte–cigares] зат. *Шылым салатын сауыт.*

**ПОРТФЕЛЬ** [франц. portefeulle] зат. *Кітап, қағаз т.б. салып алып жүруге арналған қолайлы сөмке.*

**ПОРТЬЕРА** [франц. portiere] зат. *Қалың матадан істелген есік я терезе пердесі.*

**ПОРУЧИК** ор. зат. әск. *Орыс армиясында XVII ғ-дан бастап қолданылған офицерлік шен.*

**ПОРФИР** зат. хим. *Порфирлі құрылымды эффузиялық таужыныс. Липаридтер мен трахиттердің палеотиптік ұқсамасы. Сеппелері сілтілі дала шпатынан, қышқыл плагиоклаздан, кварцтан, биотиттен, сирегірек мүйізалдамыштан тұратын барша қышқыл магмалық таужыныстардың жалпылама атауы .*

**ПОРФИРИНДЕР** зат. хим. *Металдар иондарымен кешен түрінде күрделі боялған нәруыздар құрамына кіретін биологиялық табиғатты пигменттер.*

**ПОРФИРИТ** зат. геол. *Негізгі массасы негізді немесе орташа құрамды плагиоклаздардан, мүйізалдамыштан немесе пироксеннен тұратын сеппелерді кіріктіретін палеотипті негізді немесе орташа құрамды эффузиялық таужыныстардың жалпылама атауы.*

**ПОРФИРИТОИДТЕР** зат. геол. *Диабаздардың, порфириттердің, құрамы осыларға ұқсас басқа да таужыныстардың аймақтық метаморфизм жағдайында өзгерістерге ұшырауы нәтижесінде қалыптасатын тақташалы таужыныстарың жалпылама атауы.*

**ПОРФИРЛЕР** зат. геол. *Сілтілі дала шпатының, қышқыл плагиоклаздың, кварцтың, биотиттің, порфирлік бөлінулері бар тау жыныстарының жалпы атауы.*

**ПОРФИРОБЛАСТАР** зат. хим. *Метаморфтық таужыныстардың кристалбластылы құрылымына тән ұсақ түйірлі жымдастырушы талшық-тармдар аралығында ұшырасатын, олардан әлдеқайда ірі минерал индивидтері.*

**ПОРФИРОИДТЕР** зат. геол. *Қышқыл лавалар мен олардың туфтарынан төмен температуралы метаморфизм кезінде түзілген таужыныс.*

**ПОРШЕНЬ** зат. тех. *Мәшине цилиндрінің ішінде оның осі бойынша қозғалатын жылжымалы бөлшек.*

**ПОРЫМ** зат. сөйл. *Пішін, түр.*

**ПОРЫМДЫ** сын. *Кескінді, пішіндес.*

**ПОСЕЛКЕ** [ор. поселок] зат. ***Кент*** *(қала үлгісімен салынған елді мекен).*

**ПОСЕЛКЕЛІК** сын. *Поселкеге қарасты, кенттік.*

**ПОСТЕР** [ағыл. poster] зат. *Хабарландыру түріндегі жарнама құралы, арнаулы плакат.*

**ПОСТИНДУСТРИАЛДЫ: постиндустриалды қоғам.** экон. <лат. post – кейінгі, лат. industria – қоғам> *Экономикалық дамыған елдердің «индустриялықтан», «индустриялықтан кейінгі» қоғам типіне өтуімен сипатталатын қазіргі жағдайын білдіретін ұғым.*

**ПОСТКЕҢЕСТІК** сын. *Кеңестік кезеңнен кейінгі.*

**ПОСТМОДЕРН** [лат. post – кейінгі, франц. moderne – қазіргі] зат. ***Постмодернизм.***

**ПОСТМОДЕРНИЗМ** [лат. post modernisme] зат. өнер. *Өнердегі модернизмнен кейінгі, қазіргі заманғы бағыт.*

**ПОСТМОДЕРНИСТІК** сын. *Постмодернизмге тән.*

**ПОСТСКРИПТУМ** [лат. post scriptum] зат. кіт. *Латынша P.S. әріптерімен белгіленіп, хат соңынан қосымша жазылатын жазба.*

**ПОСТРУКТУРАЛИЗМ** зат. *Структурализмнің екінші толқыны, структурализмді сынаумен байланысты және оның алдыңғы шектеушіліктерінен арылуға бағытталған ағым.*

**ПОСТУЛАТ** [лат. postulatum] зат. *Дәлелдеуді керек етпейтін қағида.*

**ПОСЫЛКА** ор. зат. сөйл. ***Жөнелтілім*** *(пошта арқылы салып жіберілетін зат).*

**ПОСЫТЫН** зат. ескікіт. *Шапан, сырт киім.*

**ПОТА** зат. ескікіт. *Алтын жалатқан қымбат белбеу.*

**ПОТАЙ** зат. ескікіт. *Қарумен оқ атып қорғануға арнап салынған мұнаралы бекініс.*

**ПОТАМОЛОГИЯ** (грек, potamos – өзен, logos – ілім, ғылым) зат. геол. *Құрлық гидрологиясының өзендерді зерттейтін бөлімі.*

**ПОТБАЛ** зат. ескікіт. *Жертөле, ұра.*

**ПОТЕНЦИАЛ** [лат. potentia] зат. ***Әлеует.*** **1.** физ. *(электр өрісі күшінің қалпын көрсететін шама).* **2.** саяси. *Бір елдің қару-жарақ, соғыс күштерінің жиынтығы.* **3.** ауыс. *Күш, қуат.* **4.** *Әлі көрсетілмеген ішкі мүмкіндік.* **Потенциал әдісі**. *Мүмкіндіктер амалы.*

**ПОТЕНЦИАЛДЫҚ** сын. *Потенциалға тән.*

**Потенциалдық инвертор.** инф. тех. *Кірісіндегі кернеудің жоғарғы деңгейі шығысында төменгі деңгейге түрленетін және керісінше болатын инвертор.*

**ПОТЕНЦИОМЕТР** [лат. potentia – күш, грек. metron – өлшем] зат. физ. *Ток күшін, электр қуатын өлшейтін құрал.*

**ПОТЕНЦИОМЕТРИЯ** зат. хим. *Электрхимиялық реакцияға қатысатын құрауыштар-*

*дың белсенділігі мен электродтық әулет арасындағы тәуелділігін анықтауға негізделген сандық талдау.*

**ПОТЕНЦИОМЕТРЛІК** сын. *Потенциометрге тән.*

**Потенциометрлік талдау.** хим. *Электрхимиялық реакцияға қатысатын құрауыштардың белсенділігі мен электродтық потенциал арасындағы тәуелділігін анықтауға негізделген сандық талдау.*

**ПОЧТА** зат. сөйл. ***Пошта.***

**ПОЧТАМТ** зат. ***Поштамт.***

**ПОЧТАШЫ** зат. сөйл. ***Пошташы*** *(почтаға келген хат, газет-журналдарды мекен-жай бойынша тарататын пошта қызметкері).*

**ПОШТА** зат. **1.** *Хат, ақша, газет-журнал, посылка т. б. заттарды бір жерден екінші жерге жеткізу ісімен айналысатын мекеме.* **2.** инф. <ағыл. mail> *Ғаламтор желісін пайдаланушылар арасында хабарларды сақтау, алу және жіберу жүйесі.*

**Пошта байланысы**. *Пошта арқылы жіберілетін жазба хат-хабарлар, басылым материалдар, ақша аудармалары, бандерольдер, жөнелтілімдер және т.б. үздіксіз жинақтап әрі оларды көлік арқылы таратуды қамтамасыз ететін байланыс түрі.* **Пошта жәшігі.** а) *Әр үйдің жанында хат-хабар, газет-журналдар салуға арналған кішкентай қорапша, жәшік.* ә) инф. <ағыл. mailbox> *Белгілі бір компьютер тұтынушысына электрондық пошта арқылы келген мәліметтер сақталатын компьютер жадының бөлігі.*

**ПОШТАБАЙ** зат. көне. *Би-болыстардың тапсырмасымен жүріп-тұратын, іс қағаздарын тиісті жерге жеткізіп келетін шабарман.*

**ПОШТАЛЫҚ** сын. *Поштаға байланысты.*

**ПОШТАМТ** [нем. Postamt] зат. *Пошталық, телеграфтық, телефондық байланыстардың барлық түрлерін жүзеге асыратын мекеме.*

**ПОШТАШЫ** зат. *Почтаға келген хат, газет-журналдарды мекен-жай бойынша тарататын пошта қызметкері.*

**ПОШЫМ** зат. қарап. *Сыртқы пішін, түр-тұлға.*

**ПОШЫМДАС** сын. *Түрі ұқсас, пішіндес.*

**ПОШЫМДЫ** сын. *Пішінді, түр-тұлға.*

**ПОЭЗИЯ** [грек. poiesis] зат. әдеб. *Өлеңмен жазылған не айтылған әдеби шығарма; сөз өнерінің негізгі жанры.* **Поэзия күні [кеші].** *Ақындар мен оқырман қауымның әдеби дәстүрге айналған кездесу күні.* **Поэзия пырағы**. бейн. *Поэзиялық шабыттың символы, пегас.*

**ПОЭЗИЯЛЫҚ** сын. әдеб. *Поэзияға тән, поэзияға қатысты.*

**Поэзиялық лексика.** *Өлең-жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сөз қоры, тіл байлығы.*

**ПОЭЗИЯСЫЗ** сын. *Поэзияның қатысынсыз.*

**ПОЭЗИЯСЫЗДЫҚ** зат. *Поэзия жоқтық, поэзияны сүймеушілік.*

**ПОЭМА** [грек. poiema] зат. әдеб. *Оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма.*

**ПОЭТИКА** [грек. poietike] зат. әдеб. **1.** *Поэзиялық шығарманың құрылысын суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін әдебиет теориясының бір саласы.* **2.** *Ақынның, жазушының немесе әдеби мектептің көркем ұстанымдары мен ерекшеліктерінің жүйесі.*

**ПОЭТИКАЛЫҚ** сын. *Поэтикаға тән, поэтикамен байланысты.*

**Поэтикалық импровизация.** өнер. *Ақын немесе жыршының алдын ала дайындықсыз берілген тақырыпта кенеттен жыр шығаруы.* **Поэтикалық тіл.** әдеб. *Поэтикалық, көркемдік, эстетикалық қызметтегі тіл.*

**ПРАВО** зат. заң. ***Құқық*** *(мемлекет шығарып бекіткен жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің жиынтығы).*

**ПРАВОСЛАВИЕ** зат. діни. *Діни сенім түрінде Византияда қалыптасып, Ресейде кеңінен таралған дін болып танылатын христиандықтың негізгі бағыттарының бірі.*

**ПРАВОСЛАВИЯЛЫҚ** сын. *Православие дінімен байланысты, соған тән.*

**ПРАВОЛЫ** сын. сөйл. *Құқықты, құқығы бар, ерікті.*

**ПРАВОЛЫҚ** зат. сөйл. ***Құқықтық.*** *Правоға қатысты.*

**ПРАВОСЫЗ** сын. сөйл. ***Құқықсыз.*** *Еркі, құқығы жоқ.*

**ПРАГМАТИЗМ** [грек. pragma] зат. филос. *Ақиқатты практикалық пайдалылық тұрғысынан түсінетін буржуазиялық философияда кең таралған субъективті-идеалистік бағыт.*

**ПРАГМАТИАЛЫҚ** сын. *Прагматика, прагматизм тұрғысынан.*

**ПРАГМАТИКА** [грек. pragma] зат. лингв. *Тіл құралдары мен тілді тұтынушы арасын, сөз бен оны айтушы, жазушы және тыңдаушы арақатынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.*

**ПРАЗЕОДИМ** зат. хим. **1.** *Лантаноидтар тобына жататын химиялық элемент.* **2.** *Жай зат, күмістей ақ түсті металл.*

**ПРАЙС-ЛИСТ** зат. **1.** *Бағамдық бюллетень.* **2.** *Кез келген ұйымның, фирманың, кәсіпорынның ұсынатын барлық тауарлар мен көрсететін қызметтерінің бағалар тізбесі.*

**ПРАЙМ-РАЙТ** зат. *Қамтамасыз етілмеген қысқа мерзімді несие бойынша коммерциялық банкілер қолданатын ең төмен пайыздық мөлшерлеме.*

**ПРАЙМ-РЭЙТ** зат. экон. *Базалық мөлшерлеме.*

**ПРАЙМ-ТАЙМ** зат. *Телехабар мен радиохабар таратудың көрермендер мен тыңдармандарды ең көп қызықтыратын кезеңі.*

**ПРАЙС-ТЕЙКЕР** зат. экон. *Өз өнімін өзінің өктемдігі жүрмейтін күштер белгілейтін бағамен сататын фирма.*

**ПРАКСЕОЛОГИЯ** зат. экон. *Тиімді қызмет қағидаты мен әдістері туралы ғылым.*

**ПРАКАРИОТА** зат. *Ядролары және хромосомдық аппараты болмайтын ежелгі ағзалар.*

**ПРАКТИКА** [грек. praktikos] зат. *Теорияның іс жүзіне асуынан туған тәжірибе; қалыптасқан дағды.*

**Практика жүзінде.** *Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іс барысында пайдаланып көру, байқау.*

**ПРАКТИКАЛЫҚ** сын. *Тәжірибелік, іс жүзіне асатын, өмірмен байланысты.* **Практикалық қазақ тілі.** лингв. *Өзге ұлт не өзге тілділерге қолданыстағы қазақ тілін үйрететін пән.*

**ПРАКТИКАНТ** зат. *Практикадан өтуші адам.*

**ПРАКТИКУМ** [грек. praktikos] зат. *Жоғары оқу орындарындағы белгілі бір оқу пәні бойынша жаттықтыру сабағының түрі.*

**ПРАПОРЩИК** зат. **1.** *Әскер қатарында мерзімді уақытын өтегеннен кейін одан ары қарай өз еркімен қызмет етіп жүрген адамға берілетін әскери атақ және осы атаққа ие адам.* **2.** *Патшалық Ресей армиясындағы ең кіші офицерлік шен.*

**ПРӘН** зат. ескікіт. *Киім.*

**ПРЕАМБУЛА** зат. **1.** құқық. *Тиісті актіні қабылдау мақсаттары, түрткі болған себептер көрсетілген халықаралық шарт, декларация т.б. құқықтық актінің кіріспе бөлімі.* **2.** *Сөздің, мақаланың кіріспе бөлімі.*

**ПРЕБЕНДА** зат. діни. *Католик діндегілердің пірсатты бөлігіне атқарып отырған лауазымдық қызметі үшін берілетін табыс пен мүлік.*

**ПРЕВЕНЦИЯ** зат. экон. *Сақтану, алдын алу, жол бермеу.*

**ПРЕДИКАТ** [лат. praedicatum] зат. лингв. **1.** *Логикалық баяндауыш.* **2.** *Предикацияның мазмұнын анықтайтын ойдың объектісі, айтылатын пікірдің шындыққа қатынасын білдіретін, тілде баяндауыш түрінде көрінетін ойдың мазмұны.*

**ПРЕДИКАТТЫҚ** сын. *Предикатпен байланысты.*

**Предикаттық қатынас.** лингв. *Синтаксистің негізгі бірлігі болып табылатын сөйлемнің ерекшелігін танытатын категория.*

**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ** ор. зат. **1**. совет. *Мемлекеттік аппарат, кейбір мекемелер мен ұйымдардың бастығы, басшысы.* **2.** сөйл. **Төраға.** *(жиналысты, мәжілісті басқару үшін сайланған адам).*

**ПРЕДСЕДАТЕЛЬДІК** зат. *Председатель болушылық.*

**ПРЕЗЕНТАЦИЯ** [лат. presentatio] зат. **1.** сөйл. ***Тұсаукесер*** *(таныстыру немесе жарна-малау мақсатымен фирманы, кәсіпорынды, та-уарды, т.б. алғашқы таныстыру).* **2.** *Студент, оқушының өздік жұмысын, бітіру жұмысын қорғауда электронды слайд түрінде дайындаған көрсетілімі.*

**ПРЕЗИДЕНТ** [лат. praesidens] зат. қоғ.-саяси. **1.** *Белгілі бір мерзімге сайланған республикалық басқару формасына негізделген елдердің мемлекет басшысы.* **2.** *Кейбір қоғамдық, ғылыми ұйымдардың басшысы, төрағасы.*

**Президент әкімшілігі.** саяси. *Президент аппаратына қарасты басқару жүйесі.*

**ПРЕЗИДЕНТТІК** сын. *Президентке тән, президент басқаратын.* **Президенттік басқару.** саяси. *Президент бір уақытта мемлекет немесе үкімет басы болып табылатын, өзі үкіметті қалыптастырып, тағайындап, анық қызметке жетекшілік ететін, билік бөлінісі қатаң белгіленген басқарудың түрі.* **Президенттік иммунитет.** құқық. *Мемлекет басшысы өзінің міндетін атқарып тұрған кезінде тұтқындалмайтынын, қамауға алынбайтынын, сот алдында жауапқа тартылмайтынын білдіретін қол сұқпаушылық.* **Президенттік институт.** саяси. *Басқаруы республикалық формадағы мемлекеттің белгілі бір мерзімге сайланатын, елбасы болуымен сипатталатын ел билеуді ұйымдастыру, реттеудің бір формасы.*

**ПРЕЗИДЕНТТІК** зат. *Президент қызметіндегі адамның өкілеттік мерзімі.*

**ПРЕЗИДЕНТУРА** зат. *Президенттік. (президент қызметіндегі адамның өкілеттік мерзімі).*

**ПРЕЗИДИУМ** [лат. praesidere] зат. **1.** *Жиналысты, мәжілісті басқару үшін уақытша сайланған орган.* **2.** *Кейбір мекемелердің белгілі мерзімге сайланып қойылған басқарушы органының аты.* **3.** *Алқалы жиындардағы көпшілікке қарап отыратын құрметті орын.*

**Президиум мүшесі.** *Белгілі бір мерзімге сайланған басқарушы органының мүшесі.*

**ПРЕЗУМПЦИЯ** з а т . *Ықтималдылыққа негізделген болжам.*

**Кінәсіздік презумпциясы.** [лат. praesumtio] з а ң . *Құқықта, заңда белгіленген тәртіппен кінәсі дәлелденгенше, айыпталушы (сотталушы) кінәсіз деп есептелетін ереже.*

**ПРЕЙСКУРАНТ** [нем. Preiskurant] з а т . *Тауар және қызмет көрсету түрлеріне қойылған бағалардың (тарифтердің) жиынтық көрсеткіші.*

**ПРЕЛЮДИЯ** [грек. praeludere] з а т . м у з . *Аспапты музыкалық пьеса жанры.*

**ПРЕМИКАСТАР** з а т . х и м . *Термореактивті шайырдың толықтырғыштарымен және басқа ингредиенттермен қоспасы.*

**ПРЕМЬЕРА** [франц. premiere] з а т . ө н е р . *Жаңа спектакль, кинофильм, эстрада мен цирк бағдарламасының көпшілікке алғаш қойылуы.*

**ПРЕМЬЕРЛІК** з а т . *Премьер-министрлік қызметте болушылық.*

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР** [франц. priemier minister] з а т . *Үкімет басшысы; министрлер кеңесінің төрағасы.*

**ПРЕНИТ** з а т . г е о л . *Силикаттар класының оқшауланған тетраэдрлі типіне жататын минерал.*

**ПРЕНОТАЦИЯ** з а т . з а ң . *Соттың несиегерлерге борышқордың дәрменсіздігі туралы хабарлауы.*

**ПРЕНУМЕРАНДО** з а т . қ а р ж ы . *Салымды ұдайы ұлғайту сипаттамасы.*

**ПРЕНУМЕРАНТ** з а т . қ а р ж ы . *Алдын ала ақша төлеуші.*

**ПРЕПАРАТ** [лат. praeparatus] з а т . **1.** м е д . *Арнаулы фабрикада, лабораторияда әзірленген химиялық не фармацевтік дәрі-дәрмек.* **2.** *Химиялық зерттеуге әзірленген зат.*

**ПРЕРИЙЛЕР** [франц. prairie] з а т . *Солтүстік Америкада Миссури өзенінен батысқа қарай орналасқан қаратопырақты, бетін биік өскен шөптесін өсімдіктер басқан жазықтар.*

**ПРЕРОГАТИВА** [лат. praerogativa] з а т . з а ң . *Қандай да бір мемлекеттік органға немесе лауазымды қызметкерге тиесілі даусыз құқықтар.*

**ПРЕСС** [лат. pressare] з а т . *Материалды қысып нығарлайтын, тығыздайтын құрал.*

**ПРЕССА** з а т . с ө й л . *Мерзімді баспасөз.*

**ПРЕСС-АТТАШЕ** [франц. press atteche] з а т . д и п л . *Дипломатиялық корпустың немесе белгілі бір қызмет саласының баспасөз қызметіне жауапты адам.*

**ПРЕСКРИПЦИЯ** з ат. қ ұ қ ы қ . *Белгілі бір құқықтық құжаттардың, талаптардың қолданылу мерзімін шектеу.*

**ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ** з а т . *Қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде пікірлесу үшін баспа орындарының уәкілдері мен үкімет, қоғам қайраткерлерінің бас қосқан жиналысы.*

**ПРЕСС-ҚАЛЫП** з а т . х и м . *Компрессиялық немесе құя жаншу әдісімен пластмассалардан бұйымдар жасап шығаруға арналған құрал.*

**ПРЕСС-РЕЛИЗ** з а т . [ағыл. press-relaese] 1. *Бұқаралық ақпарат құралдарына жіберілетін бюллетень, қоғамдық пікірді ұйымдастыру жұмысының бір түрі* 2. э к о н . *Банк орындайтын операциялар туралы басылған қысқаша ақпарат.*

**ПРЕСС-СЕКРЕТАРЬ** з а т . *Елбасының, үкімет басының баспасөз істері жөніндегі өкілі, баспасөз хатшысы.*

**ПРЕСТЕ=** е т. *Әртүрлі материалдарды нығыздау, қысу.*

**ПРЕСТЕЛ=** е т. *Қысылу, нығыздалу.*

**ПРЕСТЕЛУ** *Престел етістігінің қимыл атауы.*

**ПРЕСТЕУ** *Престе етістігінің қимыл атауы.*

**ПРЕТЕНЗИЯ** [лат. praetensio] з а т . *Кредитордың қарызды қайтару, зиянды өтеу, айыппұлды төлеу, жеткізілген өнімнің, сатылған заттың, орындалған жұмыстың кемшіліктерін жою туралы борышкерге қоятын талап-тілегі.*

**ПРЕТОРИАНДЫҚ** з а т . *Ежелгі Римдегі әскери қолбасшылардың күзетшісі, кейінірек императорды күзететін гвардия.*

**ПРЕФЕКТ** з а т . *Ірі әкімшілік бірліктегі жоғары үкімет шенеунігі, орталық үкіметтің округтегі өкілі.*

**ПРЕФЕКТУРА** з а т . *Әкімшілік-аумақтық бірлік, әкімшілік-аумақтық бірліктердің басқару аппараты.*

**ПРЕФЕРАНС** [франц. preferance] з а т . *Ақша салып ойнайтын карта ойынының түрі.*

**ПРЕФЕРЕНЦИЯ** з а т . э к о н . *Кәсіпорындардың қызметіне қолайлы жағдай жасау мақсатымен мемлекеттің оларға жеңілдіктер мен басымдықтар беруі.*

**ПРЕФИКС**[1] [лат. praefixum] з а т . л и н г в . *Түбір сөздің алдынан жалғанатын қосымша.*

**ПРЕФИКС**[2] з а т . э к о н . *Көтеруге немесе төмендетуге болмайтын тұрақты баға.*

**ПРЕЦИПИТАТ** з а т . х и м . *Мал жеміне қосымша және тыңайтқыш ретінде қолданылатын фосфор қышқылын бор немесе әктаспен бейтараптау өнімі.*

**ПРЕФИЦИТ** з а т . э к о н . *Кірістің шығыстан асып түсуі.*

**ПРЕЦЕДЕНТ** [лат. praecedens] з а т . **1.** з а ң . *Ұқсас мән-жайлар кезінде үлгі ретінде қаратырылатын белгілі бір ахуалдағы мінез-құлық.* **2.** л и н г в . *Көпшілікке таныс, үлгі болған, ел аузындағы жағдай, оқиға арқылы сөз жасау, осы кездегі оқиғаға байланысты еске түсіру.* 3. з а т . э к о н . *Бұрын болған, үлгі боларлық немесе кейінгі осыған ұқсас оқиғаларға ақтау боларлық оқиға.*

**ПРЕЦЕДЕНТТІК** с ы н . *Прецедентке қатысты, тән.*

**Прецеденттік есім.** л и н г в . *Ауыз, әпсана, ел аузындағы айтулы тұлғалар есімдерінің мәтін ішіндегі қызметі, кездесуі.*

**ПРЕЦЕССИЯ** з а т . ф и з . *Сыртқы күштің әсерінен кеңістіктегі нысанның бағытын өзгерту.*

**ПРЕЮДИЦИАЛДЫҚ** [франц. prejudiciel] з а т . з а ң . *Соттың заңдық күшіне енген шешімімен немесе қандай да бір іс бойынша шығарған үкімімен бұрындары анықталған деректерді іс қараушы барлық соттардың тексерусіз және дәлелдеусіз қабылдау міндеттілігі.*

**ПРИБАЛТИКА** з а т . с ө й л . *Балтық теңізі жағалауындағы елдер.*

**ПРИБОР** ор. з а т . *Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер жасау үшін қажетті құрал, аспап.*

**ПРИЗАЦИЯ** з а т . г е о л . *Геология мен гидрология ғылымындағы құбылыс.*

**ПРИЗМА** [грек. prisma] з а т . **1.** м а т . *Көлемі табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең келетін көпқырлы геометриялық дене.* **2.** ф и з . *Оптикалық аспаптың мөлдір шынысы.*

**ПРИКВЕЛ** [ағыл. prequel]. з а т . *Алдыңғы шығармадағыдан да ертеде болған оқиға баяндалатын кітап, кинофильм немесе компьютер ойындары.*

**ПРИМА**[1] [лат. prima] з а т . м у з . *Мандолин тәрізді музыкалық аспап.*

**ПРИМА**[2] з а т . э к о н . **1.** *Шарттық мәмілеге қатысушы оны ақтаудан бас тартқан жағдайда төлейтін тұрақсыздық айыбы.* **2.** *Аударма вексельдің біріншi данасы.*

**ПРИМАТТАР** [лат. primates] з а т . з о о л . *Маймылдардың арғы тегі.*

**ПРИМУС** [лат. primus] з а т . *Керосинмен жағып ас пісіруге пайдаланылатын құрал.*

**ПРИНТЕР** [ағыл. printer] з а т . и н ф . *Мәтіндік не графиктік ақпаратты қағазға, пластикке шығаруға арналған құрылғы.*

**ПРИНЦ** [нем. Prinz] з а т . *Патшаның баласына берілетін титул; ханзада.*

**ПРИНЦЕССА** [лат. prinzessin] з а т . *Патшаның, Корольдің қызына берілетін титул; ханша, ханшайым,*

**ПРИНЦИП** [лат. principium] з а т . ***Ұстаным.*** **1.** *Әбден қалыптасқан барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым, айнымас көзқарас.* **2.** *Саясаттағы, ғылымдағы негізгі қағида, іс-әрекеттегі жетекші ұстаным.* **3.** л и н г в . *Сөздердің дұрыс жазылуын нормалауда сүйенетін орфографиялық негіз, қағидат.*

**ПРИНЦИПСІЗ** с ы н . *Ұстанымы жоқ, бағдарсыз, негізсіз.*

**ПРИНЦИПСІЗДІК** з а т . *Ұстанымы жоқтық, принцип сақтамаушылық; негізсіздік.*

**ПРИНЦИПТІ** с ы н . *Ұстаған бағытынан таймайтын, табанды.*

**ПРИНЦИПТІЛІК** з а т . *Принцип сақтаушылық, принципті болушылық.*

**ПРИНЦИПШІЛ** с ы н . *Белгілі бір ұстанымды сақтайтын, бірсөзді, табанды.*

**ПРИНЦИПШІЛДІК** з а т . с ө й л . *Принципшіл болушылық.*

**ПРИОРИТЕТ** [нем. Prioritat] з а т . **1.** *Жаңалық ашуда бірінші болушылық, үздік шығушылық, бастапқылық.* **2.** *Артықшылық, басымдылық.*

**ПРИСТАВ** ор. з а т . т а р . *Патшалық Ресейде, кішігірім әкімшілік ауданда тұратын полиция бастығы.*

**ПРИСТАНЬ** ор. з а т . с ө й л . *Кемежай, кеме тоқтайтын жер.*

**ПРИСТЕЛЛА** з а т . з о о л . *Оңтүстік Америка суларында тіршілік ететін балық түрі.*

**ПРИФИКС** [нем. Prifix] з а т . э к о н . *Арзандатуға немесе қымбаттатуға болмайтын белгілі бір баға.*

**ПРОБАЦИЯ** з а т . з а ң . [ағыл. probation]. *АҚШ, Ұлыбритания және т.б. елдердегі шартты түрде соттау түрі.*

**ПРОБИРКА** з а т . *Зертханаларда пайдаланылатын шыны түтікше.*

**ПРОБЛЕМА** [грек. problema] з а т . *Зерттеуді, шешуді керек ететін күрделі әрі келелі мәселе.*

**ПРОБЛЕМАЛЫ** с ы н . *Проблема көтерген, күрделі.*

**ПРОБЛЕМАЛЫҚ** [грек. problematikos] с ы н . *Проблема боларлық, проблемаға қатысты.*

**Проблемалық оқыту әдісі**. п е д . *Мектеп оқушыларын шығармашылық ойлауға баулып, дүниетанымын кеңейтетін тәсіл.*

**ПРОБЛЕМАТИКА** з а т . *Проблемалар жиынтығы.*

**ПРОВАЙДЕР** [ағыл. provider] з а т . и н ф . *Ақпараттық желі қызметтерімен (ұялы телефон байланысы, компьютерлік интернет желілерімен т.б.) байланыс орнатушы, қосушы маманданған компания, фирма.*

**ПРОВИЗИЯ** з а т . э к о н . *Валюталық, сондай-ақ кредиттік операциялардағы ықтимал залалдардың алдын алу мақсатымен қаржы балансының пассивтеріндегі, ең алдымен банктердегі айқындама.*

**ПРОВИНЦИЯ** [лат. provincia] з а т . **1.** *Кейбір мемлекеттердегі әкімшілік бөлік, әкімшілік-территориялық бірлік, облыс.* **2.** *Орталықтан шеткері орналасқан өлке.*

**ПРОВИНЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Провинцияға қарасты.*

**ПРОВОДНИК** ор. зат. сөйл. ***Жолсерік*** (*пойыздағы вагон қызметшісі*).

**ПРОГЕРИЯ** зат. мед. *Бойдың аласа болуымен (көбінесе ергежейлі болумен), ақыл-ой қабілеттілігінің ерте бұзылуымен (қартайған кезде болатын) сипатталатын ауру.*

**ПРОГНАТИЯ** зат. анат. *Бас сүйекке қарағанда жақсүйек алға қарай шығып тұратын анатомиялық құрылыс.*

**ПРОГРАММА** [грек. programma] зат. **1.** ***Бағдарлама*** (*алға қойған мақсатқа жету, іс-шараны жүзеге асырудың бағыт-бағдары, жоба-жоспары*). **2.** *Сабақтың, оқудың қысқаша мазмұны.* **3.** *Спектакль, концерт көрсетудің желісі, реті, тәртібі.*

**ПРОГРАММАЛА=** ет. *Есептеу машинесі-нің қызметі үшін программа жасау, программа құру.*

**Программалап оқыту.** пед. *Оқыту барысын белгілі бір оқыту программасы бойынша ұйымдастыру.*

**ПРОГРАММАЛАН=** ет. *Программа жасалу.*

**ПРОГРАММАЛАНУ** *Программалан етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОГРАММАЛАУ**[1] зат. инф. <ағыл. programming> **1.** *Есептегіш машинелер мен құрылғыларға арналған программаларды құрастыру әдістері мен тәсілдерін зерттейтін пән.* **2.** *Есептерді электр есептеуіш машинесінде шешу үшін кезектесе орындалатын тапсырмалар тізбегіне келтіру жүйесі.* **3.** мат. *Қолданбалы математиканың бір бөлігі.*

**Программалау тілі.** инф. <ағыл. programming language> *Компьютерде өңделетін ақпаратты сипаттайтын және оларды түрлендіру алгоритмдерін жазуға арналған жасанды тіл.*

**ПРОГРАММАЛАУ**[2] *Программала етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОГРАММАЛАУШЫ** зат. *Программалау жұмысымен айналысушы адам.*

**ПРОГРАММАЛЫҚ** сын. **1.** *Программаға қатысты, программаға тән.* **2.** *Алдағы міндеттерді іске асыруда жол-жоба көрсетерлік, бағдар берерлік.*

**ПРОГРАММАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ Программалық-ақпараттық жабдықтама.** инф. *Компьютердің тұрақты жадында жазылған тек қана оқуға арналған программалар.*

**ПРОГРЕСС** [лат. progressus] зат. **1.** *Төменнен жоғарыға, толық еместен барынша толықтыққа қарай ауысып отыратын даму бағыты.* **2.** *Бүкіл адамзат тарихы мен қоғамның заңды түрде дамып, алға басу, өрлеу үрдісі.*

**ПРОГРЕССИВТІ** сын. *Алдыңғы қатарлы, ілгерішіл.*

**ПРОГРЕССИЯ** [лат. progressio] зат. мат. *Есеп амалы.*

**ПРОГРЕСТІК** сын. *Алға басқан, ілгері дамушы.*

**ПРОГРЕСШІЛ** сын. *Алдыңғы қатарлы, озық.*

**ПРОГРЕСШІЛДІК** зат. *Прогресшіл болушылық.*

**ПРОДУЦЕНТ** [лат. producens] зат. **1.** биол. *Фотосинтез немесе хемосинтез нәтижесінде бейорганикалық заттардан органикалық заттар түзетін автотрофты ағзалар.* **2.** экон. ***Өнімгер*** *(белгілі бір тауарды өндіруші ел).*

**ПРОДЮСЕР** [ағыл. producer] зат. **1.** кино. *Кинематографияда фильм түсіру тобына ұйымдастырушылық әрі қаржылық жағынан бақылау жасайтын тұлға.* **2.** *Шоу-бизнесте ұйымдастырушылық, қаржылық мәселелермен шұғылданатын маман.*

**ПРОЕКСЕМИКА** [ағыл. proximity] зат. *Кеңістікте болған қатынасты зерттеумен шұғылданатын әлеуметтік психология және семиотиканың бір саласы.*

**ПРОЕКЦИЯ** [лат. projectio] зат. мат. *Бір нәрсенің түзу сызықтар арқылы жазықтыққа түскен кескіні.*

**ПРОЕКЦИЯЛА=** ет. **1.** *Проекциясын сызып кескіндеу.* **2.** *Проекцияны экранда үлкейтіп көрсету.*

**ПРОЕКЦИЯЛАН=** ет. *Үлкейтіліп көрсетілу.*

**ПРОЕКЦИЯЛАНУ** *Проекциялан етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОЕКЦИЯЛАУ** *Проекцияла етістігінің қимыл атауы; проекциясын сызып көрсету.*

**ПРОЖЕКТОР** [лат. projectio] зат. тех. *Оптикалық жүйелер көмегімен жарықты шоғырландыратын, күшті жарық бергіш аспап.*

**ПРОЖЕКТОРЛЫ** сын. *Прожекторы бар.*

**ПРОЖЕКТОРШЫ** зат. *Жұмыстағы кемшілікті ашу мақсатында оперативті түрде құрылатын бақылаушы топтың мүшесі.*

**ПРОЗА** [лат. prosa] зат. әдеб. *Қара сөзбен жазылған көркем шығарма; әдебиет жанры.*

**ПРОЗАИК** зат. әдеб. *Шығармасын проза жанрында жазушы.*

**ПРОЗАЛЫҚ** сын. *Прозаға қатысты, прозаға жататын.*

**ПРОЗАШЫ** зат. сөйл. ***Прозаик.***

**ПРОЗЕРИН** зат. мед. *Суда ерігіш, иіссіз, кристал тәрізді ашқылтым ақ дәрі.*

**ПРОКАРИОТТАР** зат. мед. *Көк жасыл бактериялар мен цианабактериялар.*

**ПРОКАТ** зат. **1.** *Орнықты емес мүліктерді жалға алу, уақытша, ақылы пайдалану.* **2.** тех. *Металдарды арнаулы әдіспен өңдеу процесінен кейін алынатын өнім.*

**Прокат станы**. *Металдарды өңдеуге арналған машине.*

**ПРОКАТТА=** ет. 1. *Жалға бер.* 2. тех. *Металдар мен қорытпаларды прокат станында өңдеу.*

**ПРОКАТТАЛ=** ет. 1. *Өңделу.* 2. *Жалға алыну.*

**ПРОКАТТАЛУ** *Прокаттал етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОКАТТАУ** *Прокатта етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОКАТШЫ** зат. 1. *Прокат өндірісіндегі жұмысшы.* 2. *Жалға беруші.*

**ПРОКУРАТУРА** зат. заң. *Мемлекеттік заңның орындалуын бақылау және заңды бұзушыларды сотқа тарту міндеті жүктелген орган.*

**ПРОКУРОР** [франц. procureur] зат. заң. *Мемлекеттік заңдардың дұрыс орындалуын бақылап отыратын прокуратура қызметкері.*

**ПРОКУРОРЛЫҚ: прокурорлық қадағалау.** *Заңдардың мүлтіксіз, дәл орындалуын бақылау барысында прокурорлар тарапынан іске асырылатын арнайы шаралар.*

**ПРОЛАН** зат. мед. *Екіқабат әйелдің несебінен алынатын, құрамында А және Б гормондары бар ақ ұнтақ зат.*

**ПРОЛЕТАР** зат. сөйл. совет. ***Пролетариат.***

**ПРОЛЕТАРИАТ** зат. совет. *Буржуазиялық қоғамдағы жалдамалы, қаналушы жұмысшы табы.*

**Пролетариат диктатурасы.** совет. *Социалистік революция нәтижесінде орнайтын социализм құрылысы мен коммунистік қоғам құруға көшуді көздейтін жұмысшы табының өкіметі.*

**ПРОЛЕТАРИАТТЫҚ** сын. совет. *Пролетариатқа тән, соған қатысты.*

**ПРОЛЕТАРЛЫҚ** сын. совет. *Пролетариат басшылығымен, солардың қатысуымен.*

**ПРОЛИН** зат. хим. *Ауыстырылатын аминқышқылы.*

**ПРОЛИФЕРАЦИЯ** зат. мед. *Зақым тию нәтижесінде ткань құрамындағы элементтердің тым тез бөлініп көбеюі.*

**ПРОЛОГ** [грек. pro – алдыңғы, logos – сөз] зат. әдеб. *Көркем шығарманың кіріспе бөлімі.*

**ПРОЛОНГАЦИЯ** [лат. prolongare] зат. заң. **1.** *Келісімшартты жасасу барысында көзделген орындалу мерзімін әлі де ұзарту, артық мерзім белгілеу.* **2.** *Банктердің кәсіпорындар мен ұйымдарға беретін несиесін өтеудің мерзімін белгіленген шектен әрі ұзартуы.*

**ПРОЛЮВИЙ** [лат. proluvium] зат. геогр. *Су тасқынымен келетін шөгінді жыныс.*

**ПРОМЕДОЛ** зат. хим. *Фармакологиялық қасиеттері бойынша морфинге ұқсас, ауруды сездірмейтін және спазмалитикалық әсері бар дәрі.*

**ПРОМЕТИЙ** зат. хим. **1.** *Лантаноидтар тобына жататын, табиғатта жоқ жасанды элемент.* **2.** *Жай зат, күмістей ақ түсті металл.*

**ПРОМИЛЛЕ** [лат. promille] зат. **1.** мат. *Санның мыңнан бір бөлігі.* **2.** геогр. *Судың тұздылық өлшем бірлігі.*

**ПРОМЕССА** зат. экон. *Өзінің акцияларын толық төлемеген акцияшыға берілетін уақытша қолхат.*

**ПРОМИТЕНТ** зат. экон. *Акцияға қол қойған адам.*

**ПРОМО-АКЦИЯ** зат. *Біреуді немесе кез келген затты танымал ету, фирманың көрсететін қызметтерін, тауарларын нарыққа тарату мақсатында жүргізілетін іс-шара.*

**ПРОМОТОРЛАР** зат. хим. *Өршіткілерге аз мөлшерде қосқанда оның белсенділігін, талғамдылығын немесе тұрақтылығын күшейтетін заттар.*

**ПРОМОУТЕР** [ағыл. promoter] зат. спорт. *Кәсіпқой бокстағы матчты өткізу құқығын сатып алған ұжымның басшыларымен матчты қаржыландыру және ұйымдастыру мәселелерін шешу тапсырылған өкіл.*

**ПРОМОЦИЯ** зат. 1. *Қызмет бабымен жоғарылау.* 2. *Магистр немесе доктор ғылыми атағын беру.*

**ПРОМТ** зат. экон. **1.** *Жедел тәртіппен жасалатын чартер.* **2.** *Тауар мәміле жасалғаннан кейін дереу жеткізілетін мәміле шарты.*

**ПРОМУЛЬГАЦИЯ** [лат. promulgatio] зат. заң. *Заңның күшіне енуін білдіретін ресімдеудің соңғы сатысы.*

**ПРОПАН** зат. хим. *Мұнай және табиғи газдар құрамында болатын түссіз, иіссіз, жанғыш газ.*

**ПРОПЕЛЛЕР** [лат. propellere] зат. *Ұшақ, дирижабль т.б. айналғыш тетігі.*

**ПРОПИЛЕМ** зат. өнер. *Симметриялық портиктен, ұстындар қатарынан құралған салтанатты, монументті, еңселі қақпалар.*

**ПРОПИЛИТТЕНУ** зат. геол. *Көмір қышқылы мен күкірті мол гидротермалық ерітінділер әсерінен негізгі және орташа құрамды жанартаутекті таужыныстардың нақтылы өзгерістерге ұшырауымен сипатталатын метасоматоздық өзгеру процесі.*

**ПРОПИЛИТТЕР** зат. геол. *Пропилиттену нәтижесінде қалыптасатын арнаулы таужыныстар бірлестігі, басты-басты минералдары: альбит, актинолит, карбонаттар, пирит, лейкоксен-рутил, цеолиттер.*

**ПРОПОЛИС** [грек. propolis] зат. *Бал арасынан алынатын желімді, шайырлы зат.*

**ПРОПОРЦИОНАЛ** [лат. proportionalis] зат. мат. *Екі шаманың бір-біріне теңдігі, тәуелділігі.*

**ПРОПОРЦИОНАЛДЫҚ** сын. мат. *Пропорционалға қатысты.*

**Пропорционалдық әдіс**. *Есеп шығарудың тиімді амалы.* **Пропорционалдық коэффициент.** физ. *Бір-біріне пропорционалды өзгеретін, екі физикалық шаманың қатынасына тең өлшемді немесе өлшемсіз шама.*

**ПРОПОРЦИЯ** [лат. proportio] зат. **1.** мат. *Екі қатынас арасындағы теңдік.* **2.** *Зат бөліктерінің шама жағынан өзара қатысы, сай келушілігі.*

**ПРОПОРЦИЯЛЫ** сын. *Мөлшер, шама жағынан үйлесімді, сәйкес.*

**ПРОПУСК** зат. сөйл. ***Рұқсатнама*** *(бір жерге кіру немесе басқа жаққа бару үшін берілетін рұқсат қағаз, куәлік).*

**ПРОРАБ** [ор.] зат. құр. *Құрылыс жұмысын басқарушы инженер.*

**ПРОРЕКТОР** зат. *Жоғары оқу орны ректорының белгілі бір мәселе жөніндегі орынбасары.*

**ПРОРОГАЦИЯ** зат. экон. *Төлем мерзімін кейінге қалдыру.*

**ПРОСКОПИЯ** зат. *Өткен мен болашақты ештеменің көмегінсіз көре алушылық; парапсихологияның бір түрі.*

**ПРОСКРИПЦИЯ** зат. экон. *Аукциондық сауда-саттықта сатылғаны туралы құлақтандыру.*

**ПРОСПЕКТ**[1] [лат. prospectus] зат. ***Даңғыл*** *(үлкен қалалардың ұзын, түзу, кең негізгі көшесі).*

**ПРОСПЕКТ**[2] зат. *Еңбектің алғашқы жобасы, нобайы.*

**ПРОСТАТИТ** [лат. prostatitis] зат. мед. *Қуықасты безінің (простата) қабынуы.*

**ПРОСТОГОНИМОЗ** зат. *Простогонимусоватус дейтін тоғышар құрттың әсерінен тауықтың ұрық түтігінің қабынуы.*

**ПРОТАКТИНИЙ** зат. хим. *Радиоактивті химиялық элемент.*

**ПРОТАРГОЛ** зат. *Күмістің белокты препараты, иіссіз, сәл ашқылтым және тұтқыр, суда ерігіш ұнтақ зат.*

**ПРОТЕЗ** [лат. prothèse] зат. 1. *Адамның жарымжан мүшелерінің (аяқ, қол т.б.) орнына жүретін жасанды зат.* 2. *Кетілген, түскен тістің орнына қойылатын жасанды тіс.*

**ПРОТЕЗА** [грек. prothesis] зат. лингв. *Сөйлеу кезінде кейбір сөздердің алдынан дыбыс қосылып айтылуы.*

**ПРОТЕЗОРОЙ: протезорой эралары.** геол. *Жер қыртысы даму тарихының ортаңғы эоны болып табылатын протерозой эонына тиесілі эралар.*

**ПРОТЕИН** [грек. prōtos] зат. биол. *Белоктың бір түрі.*

**ПРОТЕКТОР** зат. хим. *Жемірліктен сақтау үшін кемелерге, автомәшинелерге, т.б. жанастырып орнататын, белсендігі берілген нысанның материалдарынан күшті металл.*

**ПРОТЕКТОРАТ** [лат. protector] зат. *Күшті мемлекеттің әлсіз елді ресми түрде құрамына алуы.*

**ПРОТЕКЦИОНИЗМ** [франц. protectionnisme] зат. *Капиталистік елдерде шетелден әкелінетін тауарларға жоғары баж салығын салу, кейбір тауарларды әкелуге тыйым салу саясаты.*

**ПРОТЕРОЗОЙ** [грек. proteros – өте, мөте, zōē – өмір] зат. тар. *Жер қыртысы тарихындағы көне дәуір, эра.*

**Протерозой эрасы.** *Жер тарихының археозой мен палеозой арасындағы эрасы.*

**ПРОТЕСТАНТ** [лат. protestans] зат. діни. *Протестанизм діні өкілі, соның қағидаларын орындаушы адам.* **Протестант шіркеуі.** <лат. protestans> *Христиан дінінің негізгі тармақтарының бірі.*

**ПРОТЕСТАНТИЗМ** зат. *Діни ілімнің негізгі інжіл деп санайтын, әр діндар адам Құдаймен тікелей сұхбаттасуға құқылы деп білетін христиан дінінің бағыты.*

**ПРОТИВОГАЗ** зат. *Улы газдан қорғану үшін басқа киетін зат.*

**ПРОТИЙ** зат. хим. *Жеңіл сутек изотоптарының бірі, массалық саны бірге тең.*

**ПРОТО** зат. геол. *Күрделі сөздердің «бастапқы», «алғашқы» деген мағына үстейтін алдыңғы құрамбөлігі.*

**ПРОТОБЛАСТЕЗ** зат. геол. *Магмалық таужыныстардың тектоникалық кернеулер әсерінен жаңадан кристалдануымен сипатталатын құрылымдық өзгерістері бар метаморфтық таужыныстарға тән кристалбластылық құрылымдар.*

**ПРОТОЗООЛОГИЯ** [грек. prōtos – бастапқы, zōon – жануарлар, logos – ілім] зат. *Зоологияның бір клеткалы жануарларды (қарапайымдарды) зерттейтін саласы.*

**ПРОТОКОЛ** [грек. prōtos – бастапқы, kollaō –жабыстыру] зат. **1.** ***Хаттама*** *(жиналыстың, мәжілістің барысы туралы жазылған қысқаша мазмұндама).* **2.** *Қоғамдық тәртіпті бұзғандық жөнінде жасалатын акт.*

**ПРОТОКОЛДА=** ет. *Акт жазу, хаттама жасау.*

**ПРОТОКОЛДАТ=** ет. *Хаттама жасату.*

**ПРОТОКОЛДАТУ** *Протоколдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОТОКОЛДАУ** *Протоколда етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОТОЛИЗ** зат. хим. *Өршіткішке субстраттан (қышқылдар немесе негіздер) протонның ауысу процесі.*

**ПРОТОМҰНАЙ** зат. геол. *Мұнайдың қалыптасуы жер қойнауындағы бүкіл органикалық заттардың диагенез белдемінде биогендік факторлар әсерінен немесе катагенез белдеміндегі термокатализ салдарынан жаппай таушайырлануы нәтижесінде жүзеге асады деп есептейтін ескірген жорамалдар мен тұспалдарға сәйкес туындаған атау.*

**ПРОТОН** [грек. prōtos] зат. физ. *Атом ядросының құрамына кіретін оң зарядты кішкене бөлшек.*

**ПРОТОНДАУ** зат. хим. *Молекулаға протонның қосылуы.*

**ПРОТОНЕФРИДИЯЛАР** зат. биол. *Кейбір буылтық жалпақ және жұмыр құрттардың, немертиндердің зәр шығару мүшелері.*

**ПРОТОПЛАЗМА** [грек. prōtos – бастапқы, plazma – құрылу] зат. биол. *Тірі ағзадағы жасуша құрамының негізгі бөлшегі.*

**ПРОТОПЛАТФОРМА** зат. геол. 1. *Шартты түрде континенттерге тән жер қыртысы дамуының нуклеарлық сатысы аяқталғаннан кейін болған деп есептелетін эпиархейлік платформалық құрылымдар атауы.* 2. *Прото-геосинклиндік атыраптар қалыптасуының соңғы кезеңдерінде пайда болған мейлінше орнықты платформалық құрылымдар атауы.*

**ПРОТОРЕНЕССАНС** [грек. prōtos – бастапқы, франц. renaissance – жаңару, өркендеу] зат. өнер. *Қайта өркендеу дәуірінен ілгерірек, 13 ғасырдың аяғы мен 14 ғасырдың басында Италияда өріс алған өнер.*

**ПРОТОТИП** [грек. prōtotypon] зат. әдеб. *Әдеби кейіпкердің өмірде болған нақтылы түп тұлғасы.*

**ПРОТОТҮРКІ** зат. *Ататүркі, түркі халықтарының ежелгі тегі.*

**ПРОТРУЗИЯ**[1] зат. геол. *Біршама иілмелі не ақпа таужыныстардың салқын да қатты күйін сақтай отырып, жер қыртысының өздері орналасқан деңгейден жоғарырақ өңірлеріне сығыла жылыстауы.*

**ПРОТРУЗИЯ**[2] зат. мед. *Омыртқадағы жарық ауруының алдыңғы сатысы, жарық болудың алды.*

**ПРОФЕССИОНАЛ** сын. *Белгілі бір кәсіпке маманданған (адам), кәсіби.*

**ПРОФЕССИОНАЛДЫ** сын. *Мамандандырылған, кәсіби.*

**ПРОФЕССИОНАЛДЫҚ** зат. *Маман, кәсіпқой болып қалыптасқандық.*

**ПРОФЕССОР** [лат. professor] зат. *Жоғары оқу орны оқытушысына, ғылыми қызметкерге берілетін, доцент атағынан жоғары ғылыми атақ.*

**ПРОФЕССОРЛЫҚ** сын. *Профессорға тән, профессор болушылық.*

**ПРОФЕССОР(ЛАР)ША** үст. *Профессорға ұқсас, профессор сияқты, профессор тәрізді.*

**ПРОФИЛАКТИКА** [грек. prophylaktikos] зат. мед. *Денсаулық сақтау ісінде түрлі аурудан сақтандыру, аурудың алдын алу шаралары.*

**ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ** сын. *Профилактикаға қатысты.*

**Профилактикалық әдіс**. *Аурудың алдын алу шараларына қатысты тәсіл.* **Профилактикалық жөндеу.** *Ауылшаруашылық мәшинелерді, өндірістік техникаларды бұзылмай тұрып, алдын-ала жөндеу.* **Профилактикалық өңдеу.** *Бүлінуден, бұзылудан сақтау үшін істелетін шаралар.*

**ПРОФИЛАКТОРИЯ** зат. *Профилактикалық шаралармен айналысатын мекеме.*

**ПРОФИЛАКТОРИЯ-САНАТОРИЯ** зат. сөйл. *Аурудың алдын алу шараларын жасайтын емдеу сауықтыру мекемелерінің жалпы атауы.*

**ПРОФИЛОГРАФ** зат. тех. *Төсеменің жоғарғы бетінің сапасын бағалап, оның микрогеометриясын бағалауға арналған аспап.*

**ПРОФИЛЬ**[1] [франц. profil] зат. физ. геогр. *Жер бетінің белгілі бір учаскесінің, жер қыртысының, гидросфераның немесе атмосфераның бір сызық бойындағы тік кесіндісі.*

**ПРОФИЛЬ**[2] зат. экон. *Компания немесе оның бір бөлігі тұтынушылардың маңызды мақсатты тобына танымал болатын сипаттамаларының жиыны.*

**ПРОФИТ** зат. экон. *Пайда, олжа, табыс*

**ПРОФИТ-ТЭЙКИНГ** зат. экон. *Пайданы тоғыту, яғни бағасы көтерілген акцияларды сату.*

**ПРОФИЦИТ** зат. экон. *Пайда, бюджеттің оң сальдосы, кірістің шығыстан артуы.*

**ПРОФОРМА**[1] зат. экон. *Құжаттың бланкісі, ресми орындалған шарт, іс-әрекет.*

**ПРОФОРМА** зат. лингв. *Түбіртек, ілкі түбір.*

**ПРОЦЕДУРА** [лат. procedere] зат. **1.** *Бір істі орындау, атқару тәртібі.* **2.** мед. *Емдеу ісі, ем-дом жасау шаралары.*

**ПРОЦЕНТ** [лат. pro – орны, centum – жүзге] зат. ***Пайыз*** *(бірлік ретінде алынатын бүтін санның жүзден бір бөлігі).*

**ПРОЦЕНТТЕ=** ет. *Есебін пайызбен көрсету, шығару.*

**ПРОЦЕНТТЕЙ** сын. *Пайызға жуық.*

**ПРОЦЕНТТЕУ** *Процентте етістігінің қимыл атауы.*

**ПРОЦЕСС** [лат. processus] зат. ***Үрдіс***. **1.** *Іс-әрекеттің даму барысы, қимылдың өрістеу қалпы.* **2.** *Белгілі бір нәтижеге жету үшін жасалатын әрекеттердің жиынтығы.* **3.** заң. *Сот ісінің жүргізілу тәртібі, реті.*

**ПРОЦЕССИНГ** зат. қаржы. *Банктегі төлем операцияларын жасаудағы ақпараттармен жұмыс істеу қызметі.*

**ПРОЦЕССОР** [лат. processio] зат. инф. *ЭЕМ-нің арифметикалық, логикалық операцияларын, бағдарламада көрсетілген ақпарат түрлендірулерін орындайтын, есептеу процесін басқаратын, жүйенің перифериялық құрылғыларының жұмысын үйлестіретін негізгі құрылғысы.*

**ПРОЦЕСТІК** сын. *Үрдіске тән.*

**Процестік консалтинг.** экон. *Кеңесші жобаның барлық жасалу кезеңдерінде клиентпен өзара белсенді іс-қимылда болып, оның өз идеяларын, пікірлерін, ұсыныстарын айтуына, кеңесшінің көмегімен проблемаларға талдау жүргізіп, шешімдер әзірлеуіне көмектесетін консалтинг.*

**ПРОЦИОНДАР** зат. хим. *Ұлыбританияда шығарылатын целлюлозалы және нәруызды талшықтарға арналған белсенді бояғыштардың саудадағы атауы .*

**ПСАЛОМ** [грек. psalmos] зат. діни. *Еврей діни лексикасының шығармалары.*

**ПСАМИТТЕР** зат. геол. *Ортатүйірлі шөгінді таужыныстардың, яғни құмға қатысты таужыныстар бірлестігінің (құмдардың және құмтастардың) жалпылама атауы.*

**ПСАММОФИЛДЕР** [грек. psammos – құм және phileo – сүйемін] биол. *Құмды жерлерде тіршілік етуге бейімделген ағзалар.*

**ПСАММОФИТТЕР** [грек. psammos – құм және phyton – өсімдік] физ. бот. *Көшпелі құм бетінде өсуге бейімделген өсімдіктер.*

**ПСЕВДОАБСОРБЦИЯ** зат. геол. *Үйектелген жарықтың тербеліс бағытының өзгеруіне байланысты анизотропты минералдың шлифте бедері мен шегрен бетінің құбылуы.*

**ПСЕВДОЛЕЙЦИТ** зат. геол. *Ортоклаз (кейде санидин) бен нефелиннің (кейде анальцимнің) лейцит бойынша псевдоморфозасы.*

**ПСЕВДОМОРФОЗАЛАР** зат. геол. *Минералогияда: өздерін құрайтын затқа тән емес сырттай кристаллографиялық нысанды минералдық түзілімдер.*

**ПСЕВДОНИМ** зат. сөйл. ***Лақапат***.

**ПСЕВДООOЛИТТЕР** зат. геол. *Домалақ, қабаттылығы жоқ оолиттерге ұқсас түзілімдер.*

**ПСЕВДОТАХИЛИТТЕР** зат. геол. *Кейбір милониттерде шыныға ұқсас, жолақ не линза пішінді денелер құрайтын өте майда сынықты түзілімдер.*

**ПСЕФИТТЕР** зат. геол. *Ірісынықты яки кесекті шөгінді таужыныстардың жиынтық атауы.*

**ПСИЛОМЕЛАН** [грек. psilos – тақыр, melas (melanos) – қара] зат. геол. *Марганецтің суды оксидтерінің жиынтық аты, химиялық құрамы – тұрақсыз, тотығу белдемдерінде, мору қыртыстарында және шөгінді кендерде кездесетін марганецтің кені.*

**ПСИХИАТР** зат. мед. *Психикалық ауруларды емдейтін маман дәрігер.*

**ПСИХИАТРИЯ** [грек. psychē – жан, iatreia – емдеу] зат. мед. *Психикалық аурулардың себебін, емдеу әдістерін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

**ПСИХИКА** [грек. psychikos] зат. *Белгілі бір адамға тән ішкі сезімдер дүниесі.*

**ПСИХИКАЛЫҚ** сын. *Психикамен байланысты.*

**Психикалық анализ.** *Жеке адамның мінезқұлқы мен тұтас қоғам өмірі санаға сіңірілген түсініктер мен сезімдерге тәуелділігіне сараптау жасау.* **Психикалық аурулар.** мед. *Жүйке жүйесіндегі ми орталықтарының зақымдануынан болатын дерттер.*

**ПСИХОАНАЛИЗ** [грек. psychē – жан, analysis – жіктеу] зат. *20 г. мәдениетіне зор әсер еткен австриялық ғалым З.Фрейд қалыптастырған психологиялық ілім.*

**ПСИХОГРАММА** зат. экон. *Психикалық сипаттама.*

**ПСИХОДИАГНОСТИКА** зат. экон. *Психикалық диагностика.*

**ПСИХОЗ** зат. мед. *Психикалық аурудың ауыр түрі.*

**ПСИХОКОРРЕКЦИЯ** зат. экон. *Психологиялық әдістермен түзеу.*

**ПСИХОЛИНГВИСТИКА** [грек. psychē – жан, франц. linguistique – тіл] зат. лингв. *Сөйлеу әрекетін психологиялық құбылыстар негізінде зерттейтін тіл білімінің бір зерттеу бағыты.*

**ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ** сын. *Психолингвистикаға тән.*

**ПСИХОНЕВРОЗ** *(психо... және гр. neuron – жүйке). Жеке адамның ойлауындағы, сезіміндегі, мінез-құлығындағы қилы-қилы ауытқушылықты сипаттайтын психиатрия мен диагностикалық психоталдаудың басты ұғымы.*

**ПСИХОЛОГ** зат. **1.** *Психология маманы.* **2.** *Адамның көңіл күйін, жан дүниесін танығыш, жетік білетін адам.* **3.** *Жаны күйзеліп жүрген кісінің өзі шеше алмай жүрген қиындықтарын тыңдап, ашылуына, жеңілдеуіне көмектесетін психология мамандығын меңгерген маман иесі.*

**ПСИХОЛОГИЗМ** зат. әдеб. *Кейіпкердің ішкі жан сезімін тереңдете бейнелеу әдісі.*

**ПСИХОЛОГИЯ** [грек. psychē – жан, logos – ілім] зат. **1.** *Ой, сезім, түйсік, елес, тілек, ерік, қабілет, мінез, әдет сияқты психикалық әрекеттердің заңдылықтары туралы ғылым, пән.* **2.** *Адамның мінез-құлқы, сана-сезімі, ой-өрісі.*

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Психологияға тән, соған қатысты.*

**Психологиялық барьер.** *Тәрбиесі, өскен ортасы, ойлау дүниесі, менталитеті әр түрлі адамдардың арасындағы қарым-қатынаста орын алатын қиындықтар.* **Психологиялық роман.** әдеб. *Адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін роман.*

**ПСИХОПАТИЯ** [грек. psychē – жан, pathos – күйзеліс] зат. мед. *Тәни кеселге қатысы жоқ, қалыптан ауытқып кететін мінездік құлық.*

**ПСИХОПАТИЯЛЫҚ** сын. мед. *Психопатияға қатысты.*

**ПСИХОПАТОЛОГИЯ** зат. мед. *Адам психикасын медицина тұрғысынан зерттейтін психиатрияның бір саласы.*

**ПСИХОСОМАТИКА** зат. мед. *Соматикалық аурулардың пайда болуына әсер ететін психологиялық факторларды зерттейтін медицина мен психологиядағы бағыт.*

**ПСИХОТЕРАПЕВТ** [грек. psychē – жан, therapeia – қамқорлық] зат. *Психотерапия маманы.*

**ПСИХОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Психикалық ықпал ету әдісі арқылы емдеу жүйесі.*

**ПСИХОТРОПТЫ** сын. *Психикаға әсер ететін.*

**ПСИХОФИЗИКА** зат. мед. *Психологияның психикалық және физикалық процестер мен құбылыстардың байланысын зерттейтін саласы.*

**ПСИХРОМЕТР** [грек. psychros – суық, metron – өлшем]. *Ауаның температурасы мен ылғалдығын өлшеуге арналған аспап .*

**ПТИГМАТИТ** [грек. ptigma] зат. геол. *Мигматиттің морфологиялық түрі.*

**ПУ** од. *Бір нәрсені ұнатпаған, жақтырмаған кезде айтылатын ишарат сөз.*

**ПУАЗ** зат. *Динамикалық тұтқырлықтың өлшем брлігі, 12 см. сек-қа тең.*

**ПУБЛИЦИСТ** зат. *Публицистика маманы.*

**ПУБЛИЦИСТ-ЖАЗУШЫ** зат. *Қоғамдық-саяси мәселелер туралы жазатын қаламгер.*

**ПУБЛИЦИСТИКА** [лат. pablicus] зат. *Қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде жазылған әдеби жанр.*

**ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ** сын. *Публицистикаға тән, соған қатысты.*

**Публицистикалық стиль.** лингв. *Қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарына қолданылатын функциональдық стильдердің бірі.*

**ПУБЛИЦИСТІК** сын. *Публицистикаға тән, публицистикаға қатысты.*

**ПУДИНГ** [ағыл. pudding] зат. тамақ. *Жарма, ақ нан, кепкен нан, ақ ірімшік, ет, балық және т.б. тағамдардан даярлап, пеште немесе арнайы қалыптарға салып, буға пісірілетін тағам түрі.*

**ПУЛА** зат. *Ботсвана ақша бірлігі.*

**ПУЛАСКИТ** зат. геол. *Сілтілі сиениттің түрі.*

**ПУЛЕМЕТ** зат. *Жердегі және әуедегі нысананы көздеп атуға арналған автоматтық қару.*

**ПУЛЕМЕТШІ** зат. *Пулеметтен оқ атушы жауынгер.*

**ПУЛЬВЕРИЗАТОР** зат. *Сыртқы, үлкен қабаттарды, биіктіктерді бояуда қолданылатын сұйықтық бүркетін құрал.*

**ПУЛЬПИТ** зат. мед. сөйл. *Тістің жүйкелік түбіндегі қабынудан пайда болған тіс ауруы.*

**ПУЛЬСОМЕТРИЯ** [лат. pulsus – соғу, дүрсіл, грек. metreo – өлшеймін] *Ағзаны тамырдың соғысы арқылы жиілігіне, өзгешелігіне қарап бақылау тәсілі.*

**ПУЛЬТ** зат. **1**. *Теледидар, музыкалық орталық, проектор т.с.с. жақын қашықтықтан басқаратын құрылғы.* **2.** *Байланыс құралымен, дабыл аппаратурасымен, аспаппен жабдықталған тақта іспетті қондырғы.*

**ПУМПЕЛЛИИТ** зат. геол. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**ПУНКТ** [лат. punctum] зат. **1.** *Өзіне жүктелген тиісті міндеті бар белгілі бір атқару орны.* **2.** әск. *Бақылау жүргізетін, басшылық жасайтын жер.* **3.** *Заң жобасының, қаулы-қарардың, ережелердің белгілі бір тарауы, бөлімі.*

**ПУНКТБОЛ** зат. спорт. *Соққылардың дәлдігін жетілдіру үшін боксшылар пайдаланатын жабдық.*

**ПУНКТУАЦИЯ** [лат. punctum] зат. лингв. *Тыныс белгілерін қою ережелері және оның жүйесі.*

**ПУНКЦИЯ** [лат. punctio] зат. мед. *Тінді бос инемен не арнайы аспаппен (троакар) тесу.*

**ПУРИЗМ** [лат. purus] зат. *Әдеби тілді әр алуан кірме сөздерден, интертерминдерден, сөзжасамның қисынсыз жаңа тілдерінен таза сақтауға тырысушылық.*

**ПУРИН** зат. хим. *Конденсацияланған гетероциклді қосылыс.*

**ПУТ** зат. экон. *Бағалы қағаздарды сатуға арналған опцион.*

**ПУТ-ОПЦИОН** з а т . э к о н . *Тауарды, бағалы қағаздарды не фьючерстік шартты опционның қолданылу мерзімі өткеннен кейін кез келген уақытта уағдаласылған бағамен сатуға арналған опцион.*

**ПУТЁВКА** з а т . с ө й л . ***Жолдама.*** **1.** *Курорт, шипажай, демалыс үйі сияқты жерлерге барушыларға берілетін жолдама қағаз.* **2.** *Шопырдың барар маршруты, артар жүгі көрсетілген рұқсат қағаз.*

**ПУТЧ** з а т . [нем. Putsch]. *Ереуілшілер тобының жасаған мемлекеттік төңкерісі немесе оны жүзеге асыруға бағытталған әрекеті.*

**ПУШБОЛ** [ағыл. pushboll] з а т . с п о р т . *Салт аттылардың үлкен доппен өткізетін спорттық ойыны.*

**ПУШ-ИНТЕГРАТОР** з а т . г е о л . *Таужыныстар мен кендердің минералдық құрамының мөлшерін микроскоппен анықтау үшін қолданылатын қосымша аспап.*

**ПУШМАН: пушман болу** е с к і к і т . *Құл болу, қайғылану.*

**ПУШТУНДАР** з а т . *Ауғанстанда тұратын негізгі ұлттың бірі.*

**ПҰЛ**[1] [ир. پول] з а т . **1.** *Ақша; қаржы айналымында, алу-сатуда тауар құнының өлшеуіші ретінде қолданылатын ақша.* **2.** с ө й л . *Бұл, мата.* **3.** *Ақы, баға, құн.*

**Пұл болды**. *Қаржы көзіне айналды, бағаланды.* **Пұл қылды.** *Бұлдады.* **Пұлы жоқ.** а) *Құны жоқ, бағасы жоқ.* ә) *Арзан, кедей, бейшара.*

**ПҰЛ**[2]**: ол-пұл** *қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПҰЛА:** *Шала-пұла қос сөзінің екінші сыңары. Жарым-жартылай, толық емес, шетпұшпақтай.*

**ПҰЛДА=** е т . с ө й л . ***Бұлда.***

**ПҰЛДЫЛАУ** с ы н . *Қымбатырақ, бағалылау.*

**ПҰЛСЫЗ** с ы н . **1.** *Ақшасыз, қаржысыз, құралақан.* **2.** *Қымбат емес, арзан; ақысыз, тегін. // Ақша төлемей.*

**ПҰЛСЫЗДЫҚ** з а т . *Ақшасыздық, қаржысыздық.*

**ПҰРСАТ** [ар. فرصة] з а т . с ө й л . ***Мұрсат.***

**Пұрсат тапты.** *Дамылдады, маза тауып, отырды.*

**ПҰСЫРМАН** з а т . с ө й л . ***Мұсылман.***

**ПҰТ**[1] [ир. فوت] з а т . *Салмағы 16 келіге тең ауырлық өлшемі.*

**ПҰТ**[2] з а т . д і н и . *Көпқұдайлық діндегі табыну үшін жасалған мүсін, жансыз заттар.*

**ПҰТА** з а т . к ө н е . *Басқа байлайтын орамал.*

**ПҰТҚАҚҰЛДЫҚ** з а т . д і н и . *Көпқұдайлық; өздері табынатын тәңірлерінің мүсінін жасап, соған табынушылық.*

**ПҰТҚАТАБЫНУШЫЛЫҚ** з а т . д і н и . ***Пұтқақұлдық.***

**ПҰТТА=** е т . *Пұт мөлшерімен өлшеу.*

**ПҰТТАУ** *Пұтта етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰТТЫҚ** с ы н . *Пұттың салмағындай, пұт боларлық.*

**ПҰТХАНА** з а т . д і н и . *Будда дініне сиынатындардың намазханасы, шоқынатын орны, пұтқа табынушылардың мешіті.*

**ПҰТШЫЛДЫҚ** з а т . д і н и . *Көпқұдайшылдық.*

**ПҰШ** с ы н . е с к і к і т . *Пұшайман, сорлы.*

**ПҰШАЙМАН** [ир. پشیمان] с ы н . *Бейшара, сорлы, мүсәпір, опық жеуші.*

**Пұшайман болды [жеді].** *Өкінді, опық жеді, қапа болды.* **Пұшайманы шықты.** *Пұшайман болды, өкінді.*

**ПҰШАЙМАНДАН=** е т . *Пұшайман болу, өкіну.*

**ПҰШАЙМАНДЫҚ** з а т . *Мүсәпірлік, сорлылық; опат.*

**ПҰШАЙТ** о д . *Қойды шақырғанда, қозысын телігенде айтылатын сөз.*

**ПҰШҚЫРТ=** ет. *Пұшититу.*

**ПҰШҚЫРТУ** *Пұшқырт етістігінің қимыл атауы; пұшититу.*

**ПҰШМАН** з а т . ***Пұшайман.***

**ПҰШПАҚ** [ир. پوشپاق] з а т . **1.** *Малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі.* **2.** а у ы с . *Белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, жердің бір шеті, бөлігі, түкпірі.* **3.** а у ы с . *Әңгіменің, сөздің шет жағасы, бір ұшы.* **4.** а у ы с . *Өне бойы, тұла бойы.*

**Пұшпағына түсті**. *Киген киімі аяғының басына, тізеден төмен түсті.* **Пұшпағы қанамаған**. *Бала көтермеген, бала таппаған.* **Пұшпағына да татымайды [тұрмайды].** *Ширегіне де келмейді, маңын да баспайды.* **Пұшпағынан сабылды**. *Болдыры, шаршады.* **Пұшпағына түсті [пұшпағын соқты, пұшпағынан келді].** *Өте ұзын болып сүйретіліп жатты (киім).* **Пұшпағын ұстады**. *Бір билікке ие болды.* **Пұшпақ алдырмады**. *Малдан шығын шығармады, мал басы аман болды.* **Пұшпақ бөрік [тымақ].** *Пұшпақ теріден тігілген бөрік.*

**ПҰШПАҚТА=** е т . **1.** *Пұшпақтан құрап, киім тігу.* **2.** а у ы с . *Бөлшектеу, жырымдау.*

**Пұшпақтап тер ақты [терге шомылды].** *Ағылтегіл терледі, қара терге түсті.*

**ПҰШПАҚТАЙ** с ы н . *Кішкентай, көлемі өте аз.*

**ПҰШПАҚТАУ** *Пұшпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШТАЙ=** с ы н . *Таңқыш, кішкентай.*

**ПҰШТАН** з а т . ж е р г . *Аттың төс айылы.*

**ПҰШТИ=** е т . *Мұрны таңқию, келтию.*

**ПҰШТИТ=** е т . *Мұрнын таңқиту.*

**ПҰШТИТУ** *Пұштит етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШТИЮ** *Пұшти етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШТЫҢДА=** е т . *Пұштию, пұштыраю.*

**ПҰШТЫ** з а т . *Арғы ата-бабаларының кейінгі буын ұрпақтарға қатысты туыстық тегі.*

**ПҰШТЫҢДАУ** *Пұштыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШТЫРАЙ=** е т . с ө й л . ***Пұшти.***

**ПҰШТЫРАЙТ=** е т . *Пұштиту, таңқиту.*

**ПҰШТЫРАЙТУ** *Пұштырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШТЫРАЮ** *Пұштырай етістігінің қимыл атауы.*

**ПҰШЫҚ** с ы н . **1.** *Жұқпалы ауру салдарынан мұрны кем болып қалған, батық біткен.* **2.** *Келте, таңқы (мұрын).* **3.** а у ы с . *Шүмегі кетілген, сынық (құман, шәйнек).* **Пұшық түйнек.** ж е р г . к ә с . *Қауынның бір түрі.*

**ПҰШЫҚТАУ** с ы н . *Мұрны сәл пұшық.*

**ПҰШЫРАЙ=** е т . с ө й л . *Пұштию; мыжыраю.*

**ПҮЛӘК** з а т . ж е р г . о й ы н . *Шұңқыр жерге теңге тастап ойнайтын ойын.*

**ПҮЛІШ**[1] з а т . *Түкті, бағалы мата.*

**ПҮЛІШ**[2] з а т . к ө н е . *Шырмауық шөптің түрі.*

**ПҮСЕ: пүсе алу.** е с к і к і т . *Өбу, сүю.*

**ПҮСТІН** з а т . к ө н е . *Тері, былғары.*

**ПҮШТЕКТЕ=** е т . *Құс алатын бүркіт, қыран құстар шығаратын дауыс.*

**ПФЕННИГ** з а т . э к о н . *Германияның ұсақ тиыны, 1/100 маркаға тең.*

**ПЫҚИТ** з а т . ж е р г . к ә с . *Балық тоңазытатын үй ішіндегі шұңқырына қыстыгүні мұз толтырып қояды да, жазға қарай балықты сонда сақтайды].*

**ПЫР**: **пыр етті.** *Құс табан астынан бірден көтеріліп ұша жөнелді.*

**ПЫРАҚ**[1] [ар. براق] з а т . **1.** ф о л ь к . *Қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар.* **2.** *Жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ.*

**ПЫРАҚ**[2] з а т . а с т р . *Экваторлық шоқжұлдыз; пегас.*

**ПЫРАҚСЫЗ** ж е р г . с ы н . *Жарамсыз.*

**ПЫРАҚТАЙ** с ы н . *Қанатты тұлпар сияқты.*

**ПЫРАН** з а т . к ө н е . *Батырлардың соғысқа арнап киер киімі.*

**ПЫРДАЙ** ү с т . с ө й л . ***Бырдай.***

**ПЫР-ПЫР** е л і к . *Пырылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Пыр-пыр етті**. *Қайта-қайта пырылдады.* **Пыр-пыр ұшты**. *Пырылдаған дыбыс шығарып ұшып жатты.*

**ПЫР-ПЫРЛА=** е т . *Пыр-пыр етіп ұшу.*

**ПЫР-ПЫРЛАУ** *Пыр-пырла етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫРС** е л і к . *Атылған оқтың, не басқа бір заттың жарылған кездегі дыбысын бейнелейтін сөз.*

**ПЫРСЫЛДА=** е т . *Пырс-пырс етіп жарылу.*

**ПЫРСЫЛДАУ** *Пырсылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫРЫЛ** з а т . *Бірқалыпты пыр-пыр еткен дыбыс.*

**ПЫРЫЛДА=** е т . *Пыр-пыр еткен дыбыс шығу.*

**ПЫРЫЛДАТ=** е т . *Пырылдаған дыбыс шығарту.*

**ПЫРЫЛДАТУ** *Пырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫРЫЛДАУ** *Пырылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫРЫЛДАУЫҚ** з а т . м у з . *Үрмелі музыкалық аспаптың бір түрі.*

**ПЫС**[1]**=** е т . *Қорқу, зәресі ұшу.*

**Артынан пысты.** *Қорқып жым болды, мыштай болды.*

**ПЫС**[2]**=** е т . *Қашып-пысып қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПЫС**[1] [ир. فیس] е л і к . *Отқа, шоққа су тамып кеткендегі бор етіп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Пыс етті.** а) *Бәбісек сияқты құстардың дыбыс шығаруы.* ә) *Отқа, шоққа су тамып кеткендегі бор етіп шыққан дыбыс.* **Пыс етері жоқ.** ж е р г . *Түк малы жоқ.*

**ПЫС**[2]: **іші пысты**. *Зерікті, жалықты.*

**ПЫС**[3] з а т . ж е р г . *Сүлде, жан.*

**ПЫС=** е т . ж е р г . **Піс.**

**ПЫСАТ** [ар. فساد] з а т . ж е р г . к ө н е . **1.** *Бұзылу, іріп-шіру.* **2.** *Кесірлік, бұзылғандық, азғандық; адамгершіліктен шығу; кемшілік, айып; жарамсыздық.*

**ПЫСҚЫН** *Қашқын-пысқын қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПЫСҚЫР=** е т . *Малдың танау, мұрын арқылы кенет қатты дем шығаруы.*

**Пысқырып та қарамады.** с ө й л . э к с п р . *Менсінбеді, тақымына олқы санады, көзге ілмеді.*

**ПЫСҚЫРТ=** е т . *Танауын пырылдаттыру.*

**ПЫСҚЫРТУ** *Пысқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСҚЫРУ** *Пысқыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСҚЫРЫҚ**[1] з а т . *Пысқырған дыбыс; пысқырғандық.*

**Пысқырық атты**. *Қайта-қайта пысқырды.*

**ПЫСҚЫРЫҚ**[2] з а т . в е т . *Қойдың танауында болатын ауру.*

**ПЫСҚЫРЫН=** ет. *Қайта-қайта пысқыру, пысқырып-түшкіріну.*

**ПЫСҚЫРЫНУ** *Пысқырын етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСҚЫРЫНЫС=** ет. *Жиі-жиі пысқырыну.*

**ПЫСҚЫРЫНЫСУ** *Пысқырыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСҚЫРЫС=** ет. *Қайта-қайта пысқыру.*

**ПЫСҚЫРЫСУ** *Пысқырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСМЫЛЛА** зат. ***Бисмилла.***

**ПЫС-ПЫС** елік. *Қатты ұйықтағанда, жиі демалғанда шығатын пысылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ПЫСТАН** [ир. پوست] зат. **1.** *Ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстіне жез, күміс қағылған былғары, қайыс.* **2.** *Көпшіктің шетіне қағатын қалпақты шеге.*

**ПЫСТЫР=** ет. *Қорқыту, зәресін ұшыру.*

**ПЫСТЫРУ** *Пыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСУ[1]** *Пыс етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСУ[2]** *Пысы[2] етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСУ[3]** *Қашып-пысу қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПЫСЫ** зат. *Сусы, мысы.*

**Пысы басты [жеңді].** *Мысы басты, үстем түсті, тайсалтты.* **Пысы жату.** *Хал үстінде, өлім аузында жату.* **Пысын басты**. *Жеңді, тұқыртты.*

**ПЫСЫ=** ет. **1.** *Есілген, иірген жіптің, басылған киіздің қатты ширауы, шымырлана түсуі.* **2.** ауыс. *Шынығу, ширау, ысылу.*

**ПЫСЫҒЫРАҚ** сын. *Пысықтау, ширақтау.*

**ПЫСЫҚ** сын. **1.** *Қатты ширатылған, ширақ (жіп, арқан), не өте шымыр басылған (киіз).* **2.** ауыс. *Епті, іскер, еті тірі, ширақ.* **3.** ауыс. *Қу, залым, алаяқ, жылпың, ылдым-жылдым.*

**ПЫСЫҚАЙ** сын. *Пысықсымақ, жылпос.*

**ПЫСЫҚСУ** *Пысықсы етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚСЫ=** ет. *Пысық болып көріну, пысықсыну.*

**ПЫСЫҚСЫМАҚ** сын. экспр. *Пысықай, пысық болып көрінуші.*

**ПЫСЫҚСЫН=** ет. *Пысық болғансу.*

**ПЫСЫҚСЫНУ** *Пысықсын етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТА=** ет. **1.** *Бос басылған киізді шидің үстіне салып, ыстық су құйып, білектеп пысыру, шымырлай түсу.* **2.** ауыс. *Нақтылау, анықтау.* **3.** *Сабақты, оқыған, жаттаған нәрсені еске түсіру, қайталау.* **4.** грамм. *Сөйлем ішінде пысықтауыштың қызметін атқару.*

**ПЫСЫҚТАЛ=** ет. *Қайталану, бекітілу.*

**ПЫСЫҚТАЛУ** *Пысықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТАН=** ет. *Пысықсу, пысықсыну.*

**ПЫСЫҚТАНДЫР=** ет. *Пысық еттіру, шираттыру, жігерлендіру.*

**ПЫСЫҚТАНДЫРУ** *Пысықтандыр етістігінің қимыл атауы; ширату, пысыту.*

**ПЫСЫҚТАНУ** *Пысықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Пысықтай түсу, тәптіштеңкіреу.*

**ПЫСЫҚТАТ=** ет. *Қайталату.*

**ПЫСЫҚТАТТЫР=** ет. *Қайталаттыру.*

**ПЫСЫҚТАТТЫРУ** *Пысықтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТАТУ** *Пысықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТАУ[1]** *Пысықта етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫҚТАУ[2]** сын. *Пысығырақ, ширақтау.*

**ПЫСЫҚТАУ[3]** зат. қолөнер. *Бос басылған киізді шидің үстіне салып ыстық су құйып, білектеп пысыру, шымырлай түсу.*

**ПЫСЫҚТАУЫШ** зат. лингв. *Баяндауыштың әр алуан белгілерін айқындап, іс-әрекеттің сапасын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.*

**ПЫСЫҚТЫҚ** зат. *Қолынан іс келіп, ұқсатушылық, ширақтық, еті тірілік.*

**ПЫСЫҚША** сын. *Пысықтау, пысықсымақ.*

**ПЫСЫҚШАЛАУ** сын. *Пысықтау, пысықсымақтау.*

**ПЫСЫЛ** зат. *Пыс-пыс еткен дыбыс, мұрыннан шыққан дем.*

**ПЫСЫЛДА=** ет. **1.** *Мұрын, танау арқылы пыс-пыс етіп дем алу.* **2.** *Пойыз, паровоз т.б. заттардың пыс-пыс етіп, дыбыс шығаруы. // Жүре алмай, тоқтаңқырап.* **3.** *Борылдау, суға түскен шоқ, шала оттың пысылдап сөнуі.*

**ПЫСЫЛДАҚ** сын. *Пысылдауық, пысылдағыш.*

**ПЫСЫЛДАС=** ет. *Пыс-пыс етісу.*

**ПЫСЫЛДАСУ** *Пысылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫЛДАТ=** ет. *Пыс-пыс еткізу.*

**ПЫСЫЛДАТУ** *Пысылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫЛДАУ** *Пысылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫНА=** ет. *Ыстықтау, қапырықтан терлеу.*

**ПЫСЫНАТ=** ет. *Ыстықтату.*

**ПЫСЫНАТУ** *Пысынат етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫНАУ** *Пысына етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫР=** ет. *Киіз басу ісінде киіз шымыр, тығыз болу үшін, ыстық су құйып білектеу, тепкілеу немесе иірген жіпті ширату.*

**ПЫСЫРУ** *Пысыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫРУ** зат. қолөнер. *Киіз басу ісінде киіз шымыр, тығыз болу үшін, ыстық су құйып білектеу, тепкілеу немесе иірген жіпті ширату.*

**ПЫСЫТ=** ет. **1.** *Жіпті ширату.* **2.** ауыс. *Шынықтыру, шыңдау.*

**ПЫСЫТҚЫЛА=** ет. *Ыстық суды, т.б. сапырыстырып салқындату, суыту.*

**ПЫСЫТҚЫЛАУ** *Пысытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫСЫТУ** *Пысыт етістігінің қимыл атауы; ширату, пісіру.*

**ПЫТШАЙ-ПЫТШАЙ** од. жерг. *Қойды қозысына шақырарда қолданып айтылатын сөз.*

**ПЫТЫНА** зат. көне. *Бұзық, бұзықтық.*

**ПЫТЫРА** зат. сөйл. ***Бытыра[1]****.* I

**ПЫТЫРЛА=** ет. *Пытыр-пытыр ету.*

**ПЫШ: пыш болып қалды.** жерг. кәс. *Семіп, солып қалды (егіннің дәні туралы).*

**ПЫШАҚ** зат. **1.** *Кесуге, турауға, мал союға лайықты, жүзі өткір, ұшкір, сабы бар құрал.* **2.** тех. *Кейбір мәшинелер мен түрлі құралдың кескіш бөлігі.* **3.** ауыс. сөйл. *Медициналық операция.*

**Пышақ жұмсады [салды].** *Пышақты қару ретінде пайдаланды, біреуді жаралады.* **Пышақ жүзі, қыл үсті.** *Қиыншылық кез, қауіп-қатерлі кезең.* **Пышақ елі**. *Жұқа, 2–3 мм-дей ғана.* **Пышақ кескендей тыйылды [үзілді, тоқтады, басылды].** *Бірден, кілт, кенет, шорт сап болды.* **Пышаққа жарайды [пышақ көтереді].** *Союға келеді деген мағынада.* **Пышаққа ұстады [іліктi, ілінді].** *Сойды, бауыздады.* **Пышаққа ілінгір [түскір]!** қарғ. *Сойылғыр, бауыздалғыр деген мағынада.* **Пышақпен кескендей.** *Үшкір, қырлы.* **Пышақ сырты ғана.** *Болмашы, азғана.* **Пышақ сыртындай [қырындай].** *Жұп-жұқа деген мағынадағы халықтық өлшем.* **Пышақ үстінен бөлді [үлестірді, талады].** *Қолма-қол, табан аузында бөлісті.* **Пышақ үстінен жеді.** *Піскен етті қазаннан түсірместен, толық піспестен жеді.* **Пышақ көтермеді.** *Союға жарамады, көкбақа, арық шықты.* **Пышақ ұшынан ауыз тиді.** *Жайғасып отырып жұртпен бірге жемей, табаққа салуға дайындап жатқан тамақтан жүре жеп кетті.*

**ПЫШАҚБАЛЫҚ** зат. зоол. *Дене бітімі пышақ тәрізді, Азия мен Африканың тұщы және тұздылау суқоймаларында тіршілік ететін балық.*

**ПЫШАҚКЕСТІ** үст. *Үзілді-кесілді, біржола.*

**ПЫШАҚҚАНДАР** зат. этн. *Келген қонаққа мал сою.*

**ПЫШАҚСЫЗ** сын. *Пышағы жоқ; пышақ қолданбай, кеспей.*

**Пышақсыз бауыздады.** *Қатты ұялтып жазғырды, жерге кіргізді.*

**ПЫШАҚТА=** ет. *Пышақ салу, жаралау.*

**ПЫШАҚТАЙ** сын. *Тіліп түсетін, өткір.*

**ПЫШАҚТАЛ=** ет. *Пышақ салынған, пышаққа түскен.*

**ПЫШАҚТАЛУ** *Пышақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШАҚТАС=** ет. *Пышақ салысу.*

**ПЫШАҚТАСТЫР=** ет. **1.** *Пышақ жұмсаттыру, қырылыстыру.* **2.** *Біреумен біреуді өштестіру, жауықтыру.*

**ПЫШАҚТАСТЫРУ** *Пышақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШАҚТАСУ** *Пышақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШАҚТАУ** *Пышақта етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШАҚҰШТЫ.** зат. жерг. *Сыбаға.*

**ПЫШАҚШЫЛ** сын. *Пышаққұмар, пышаққа үйір.*

**ПЫШАН** зат. өс. *Екі аша болып біткен қылтаны бар, сабағы мен жапырағы жіңішке шөп.*

**ПЫШҚЫ** зат. жерг. *Араның ағаш кесетін кішірек түрі.*

**ПЫШМАН** зат. ескікіт. *Пұшман, пұшайман қайғы, қасірет.*

**ПЫШ-ПЫШ[1]** зат. *Өсек сөз, алыпқашты әңгіме. // Гуілдеген, зу-зу еткен.*

**ПЫШ-ПЫШ[2]** елік. сөйл. ***Пыс-пыс***.

**ПЫШ-ПЫШТА=** ет. *Біреуді сыртынан жамандап өсек айту, сөз тасу.*

**ПЫШ-ПЫШТАУ** *Пыш-пышта етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШТАЙ[1]** сын. жерг. *Кішкентай.*

**ПЫШТАЙ[2]**: **пыштай болды**. жерг. *Жым болды, тыйыла қалды.*

**ПЫШТАҚ** зат. көне. *Тіреу, төбе тіреуі.*

**ПЫШТАХ** елік. *Бүркіт, қыран құстардың шығаратын дыбысын бейнелейтін сөз.*

**ПЫШЫҚ[1]** зат. жерг. кәс. *Дәнді дақылдардың дәнсіз басы.*

**ПЫШЫҚ[2]** зат. жерг. Мысық.

**ПЫШЫЛ** зат. *Пыш-пыш еткен дыбыс, пысыл.*

**ПЫШЫЛДА=** ет. *Пыш-пыш ету, пысылдау.*

**ПЫШЫЛДАҚ** сын. *Пыш-пыш еткіш, пышылдауық, пышылдағыш.*

**ПЫШЫЛДАТ=** ет. *Пыш-пыш еткізу.*

**ПЫШЫЛДАТУ** *Пышылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШЫЛДАУ** *Пышылда етістігінің қимыл атауы.*

**ПЫШЫЛДАУЫҚ** сын. *Пышылдақ, пышпыш еткіш.*

**ПЫШЫРА=** ет. *Басы бірікпей бөлек-бөлек болып бөліну, шашырау, бытырау.*

**ПЫШАРАҢДА=** ет. *Топырласу.*

**ПЫШЫРАТ=** ет. **1.** *Тоз-тозын шығару, бытырату.* **2.** *Ластау.*

**ПЫШЫРАТУ** *Пышырат етістігінің қимыл атауы; былғау, ластау.*

**ПЫШЫРАУ** *Пышыра етістігінің қимыл атауы.*

**ПІДИЯ** [ар. فدية] зат. діни. **1.** *Ислам діні бойынша, өлген адамның күнәсын ақтау үшін молдаларға берілетін құдайы (мал, ақша т.б.) зат.* **2.** *Жоқ-жітікке берілетін садақа.*

**ПІДИЯЛЫҚ** сын. *Підияға байлайтын, підияға арналған (мал, ақша).*

**ПІДИЯШЫ** зат. *Підия алушы.*

**ПІКІР** [ар. فكر] зат. *Өмірдегі құбылыстар мен заттар туралы өзіндік көзқарас, тұжырым, пайымдау.*

**Пікір айтты.** *Негізі бар, ғылыми тұжырым айтты, көзқарасын білдірді, баға берді.* **Пікір алысты**. *Ойларын ортаға салды, ақылдасты.* **Пікір берді [қосты].** *Ықылас, тілек білдірді, ақыл айтты.* **Пікір бөлісті**. *Ойларын айтысты.* **Пікір қозғатты.** *Ой салды, ой туғызды.* **Пікір тастады.** а) *Артында сөз қалдырды.* ә) *Әңгімеге сабақ боларлық пікір айтты, ой берді.* **Пікір толғау.** *Ой айту, көңілдегісін айту.* **Пікірі жетпеді.** *Ақылына сыймады, өресі жетпеді.*

**ПІКІРЛЕ=** ет. *Уағыздау, насихаттау, иландыру.*

**ПІКІРЛЕС** сын. *Көзқарасы, ойы бір жерден шығатын, ниеттес, көңілдес.*

**ПІКІРЛЕС=** ет. *Пікір алысу, кеңесу, ақылдасу.*

**ПІКІРЛЕСТІК** зат. *Пікірлес болушылық; ортақ пікірге келушілік.*

**ПІКІРЛЕСТІР=** ет. *Пікір алыстыру, ақылдастыру.*

**ПІКІРЛЕСТІРУ** *Пікірлестір етістігінің қимыл атауы.*

**ПІКІРЛЕСУ** *Пікірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ПІКІРЛІ** сын. *Белгілі бір пікірі, өзіндік көзқарасы бар.*

**ПІКІРСАЙЫС** зат. *Белгіленген тақырып бойынша ой таластыру, топтың сөз сайысы.*

**ПІКІРСАЙЫСШЫ** зат. *Пікірсайысқа қатысушы.*

**ПІКІРСІЗ** сын. *Пікірі жоқ; жетесіз, ойсыз.*

**ПІКІРТАЛАС** зат. *Өз ойын, идеясын ортаға салу, қорғап сөйлеу, пікірсайыс.*

**ПІКІРІНШЕ** үст. *Біреудің көзқарасынша, ойлауынша.*

**ПІЛ** зат. зоол. *Екі үлкен сойдақ тісі бар, ұзын тұмсықты, сүтқоректі аса ірі хайуанат.*

**Піл сүйегі.** *Күйдірілген сүйектің түз қышқылымен өңделген ең жақсы сұрпы.*

**ПІЛДЕ** зат. жерг. ***Піллә*** *(жібек құрты, оның иірген жібек талшығы, жібі).*

**ПІЛДЕЙ** сын. *Піл сияқты ірі, үлкен.*

**Пілдей қуатты.** *Піл сияқты, күшті.* **Пілдей құрдас.** жерг. *Түйдей құрдас.*

**ПІЛЕН** [ор, плен] зат. ескікіт. *Тұтқын.*

**ПІЛҚҰЛАҚ** зат. өс. *Жапырағы ашық жасыл түсті, жүрек пішіндес, еттілеу болып келетін үй өсімдігі.*

**ПІЛЛЕКЕШ** зат. *Жібек құртын өсіруші.*

**ПІЛЛЕШІЛІК** зат. *Жібек құртын өсіру кәсібі.*

**ПІЛЛӘ** [ир. پيله] зат. *Жібек құртының талшық алынатын ұясы.*

**ПІЛЛӘИІРГІШТЕР** зат. зоол. *Түн көбелектері тұқымдасы.*

**ПІЛМАЙ** зат. зоол. <лат. asipenser nudiventris> *Дене тұрқы 150–220 см, орташа салмағы 15–21 кг-ға дейін баратын балық.*

**ПІЛТЕ** зат. сөйл. ***Білте*** *(шам, шырақ сияқты жарық беретін құралдарды тұтандыру, от алдыру үшін пайдаланылатын ширатылған, өрілген мақта жіп).*

**ПІЛТЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Білтеле.***

**ПІЛТҰМСЫҚ** зат. зоол. *Дене тұрқы 23 см, Африкада мекендейтін балық.*

**ПІЛТҰМСЫҚТАН=** ет. *Балық тұмсығының піл тұмсығына ұқсап созылуы.*

**ПІЛІК**[1] зат. жерг. ***Білте.***

**ПІЛІК**[2] зат. жерг. *Құсты түнде қонақтап отырғанда ұстайтын тұзақ.*

**ПІНҺАН** сын. ескікіт. *Жасырын.*

**ПІР** [ар. پير] зат. **1.** діни. *Қаржы, қазірет, ишан сияқты ірі дінбасыларына қатысты ұғым.* **2.** миф. *Адамдарды желеп-жебеуші, әулие.* **3.** ауыс. *Сиынушы, демеуші, сүйеуші.*

**Пірге қол берді [тапсырды].** діни. *Қазірет, ишан сияқты дін басының патиқасын алды, дін жолына түсті.* **Пірдің сөзін тұтынды**. *Қолдаушының сөзін тыңдады, айтқанын орындады.* **Пір тұтты.** *Әулиедей көріп бас иді, құрмет тұтты, қастерледі.* **Пiріне сиынды [мінәжат етті].** *Піріне, жебеушісіне табынды.* **Пірін жат етті.** діни. *Әулиеге, пірге сиынды.* **Пірін шақырды.** *Жебеушісіне сиынып, соларды қуат көрді; жынын шақырды.*

**ПІРАДАР** зат. діни. ***Бірадар*** *(тақуа, сопы).*

**ПІРӘДАР** зат. діни. ***Бірадар*** *(пірге барып қол беріп келген, діндар, сопы).*

**ПІРДАРШЫ** зат. ескікіт. *Қамқорлық.*

**ПІРЗАДА** [ир. پيرزاده] зат. *Пірден туған, пір текті.*

**ПІРКӘНШІК** [ор.] зат. көне. *Сауда қызметкері, сатушы.*

**ПІРКӘШІК** [ор. приказчик] зат. сөйл. *Сауда қызметкері, сатушы.*

**ПІРЛІК** зат. *Пір болушылық, қасиеттілік.*

**ПІРУАРДІГЕР** зат. сөйл. *Діни ұғым бойынша, көзге көрінбей қамқоршы болатын күш.*

**ПІС**[1]**=** ет. **1.** *Шикі тамақтың қайнау, отқа қақталу, буға қойылу арқылы жейтін, ішетін қалыпқа келуі.* **2.** *Қымызға айналу, дайын болу.* **3.** *Егіннің, жемістің, бау-бақша өсімдіктерінің дәні толып, жеуге жарауы.* **4.** ауыс. *Малдың семіріп ет алуы, майлануы.* **5.** ауыс. *Кемеліне келіп, әбден иі қану, шегіне жету.* **6.** ауыс. *Көнбіс болып қату, шынығу, ширау; пысу.* **7.** ауыс. *Жағдайдың, мәселенің көтерілетін, шешілетін уақытының жетуі.* **8.** ауыс. *Жаңа қалыптаса бастаған жас адамның күй-қалпы, кемеліне келе бастауы.*

**Піскен [пісіп тұрған] алмадай.** *Әдемі, толысқан, кемеліне келген.* **Піскен қаймақ.** *Пісірілген сүттің бетінен алынатын қаймақ.* **Піскен лақ.** *Тамыз айынан бастап союға немесе сатуға жарамды боп семірген деген мағынада.* **Пісіп жетті.** *Кемеліне келді, толысты.*

**ПІС**[2]**=** ет. *Саба мен күбінің ішіндегі қымызды, іркітті піспекпен күрпілдетіп шайқап, бабына келтіру.*

**ПІС**[3]**=** ет. *Ұшы үшкір затты бір нәрсеге кіргізу, шаншу, енгізу.*

**ПІС**[4]**=** ет. *Күйіп-піс қос сөзінің екінші сыңары; күйгелектену, ашуына міну.*

**ПІСЕНТ**[1] сын. жерг. *Жинақы, ұқыпты, сақ.*

**ПІСЕНТ**[2] зат. ескікіт. *Есеп, санат.*

**ПІСЕНТТЕ=** ет. жерг. *Пысықтау, қадағалап қайталау.*

**ПІСЕНТТЕУ**[1] *Пісентте етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСЕНТТЕУ**[2] *Пісент етістігінің қимыл атауы, мақұлдау, келісу.*

**ПІСЕНТТІ** сын. көне. *Қырағы, сақ, жинақы.*

**ПІСКЕК** зат. сөйл. ***Піспек.***

**ПІСКІЗ=** ет. *Күбідегі айранды, сабадағы қымызды пістіру.*

**ПІСКІЗУ** *Піскіз етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСКІЛЕ=** ет. *Ине, найза сияқты үшкір затпен бір нәрсені сұққылау.*

**ПІСКІЛЕУ** *Піскіле етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСМІЛЛА** [ар. بسم الله] од. діни. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСМЕЛЛА** од. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСМИЛЛА** од. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСМІЛДА** од. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСМІЛДӘ** од. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСМІЛЛАШЫЛ** сын. сөйл. ***Бісмілләшіл.***

**ПІСМІЛЛӘ** од. сөйл. ***Бісмілләә.***

**ПІСПЕ** зат. жерг. ***Күбі*.** **Піспе шелек.** жерг. *Күбі.*

**ПІСПЕК** зат. *Саба, мес, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт пісетін сабы бар құрал.*

**ПІСПЕКСІЗ** сын. *Піспегі жоқ; піспек болмайынша.*

**ПІСПЕКТЕ=** ет. *Шанышқылау, сұққылау.*

**ПІСПЕКТЕУ** *Піспекте етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСПЕКТІ** сын. *Піспегі бар, піспек салған (саба).*

**ПІСПЕЛЕ=** ет. *Піскілеу.*

**ПІСТЕ**[1] зат. бот. *Ыстық жақта өсетін аласа бұта және осы бұтаның бір жағы сүйір жемісі.*

**Пісте мұрын**. *Ұшы сүйірленіп келген әдемі мұрын.*

**ПІСТЕ**[2] зат. өс. *Шекілдеуік.*

**ПІСТЕАҒАШ** зат. өс. Пісте[1] ағашы.

**ПІСТЕЛЕН=** ет. *Сүйірлену, қырлану.*

**ПІСТЕЛЕНУ** *Пістелен етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСТЕШКЕ** зат. жерг. *Пісте*[1]

**ПІСТИ=** ет. *Бір нәрсенің сүйірленуі, үшкірленуі.*

**ПІСТИЮ** *Пісти етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСТІК: пістік мұрын**. *Үшкір, сүйір мұрын.*

**ПІСТІР=** ет. *Піспекпен піскізу.*

**ПІСТІРТ=** ет. *Күбі, саба піскіздіру, шайқаттыру.*

**ПІСТІРТУ** *Пістірт етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСТІРУ** *Пістір етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСУ**[1] *Піс етістігінің қимыл атауы (1).* **1.** *Тамақтың қайнап болуы.* **2.** *Жемістер мен көкөністердің бабына келуі, жеуге жарамды болуы.*

**ПІСУ**[2] *Піс етістігінің қимыл атауы* (2).

**ПІСУ**[3] *Күйіп-пісу қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПІСІ**: **пісі ас.** *Ет, құрт, ірімшік, май, бауырсақ сияқты даяр тағамдар.*

**ПІСІЛ=** ет. *Шайқалу; пістірілу.*

**ПІСІЛУ** *Пісіл етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІЛІ** *Шикілі-пісілі қос сөзінің екінші сыңары.*

**ПІСІЛІ-ШИКІЛІ** сын. *Пісуі жетпеген, шала піскен.*

**ПІСІМДІЛІК** зат. хим. *Пісуге икемділік.*

**ПІСІҢКІРЕ=** ет. *Әлі де болса пісе түсу, пісуін жеткізіңкіреу.*

**ПІСІҢКІРЕУ** *Пісіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІП-ҚАТ=** ет. *Шынығу, ширау; төзімділікке, қиындыққа үйрену.*

**ПІСІП-ҚАТУ** *Пісіп-қат етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІР=** ет. **1.** *Қазанға, бақырға т.б. қайнатып, қуырып тамақ дайындау.* **2.** *Металды отқа қыздыру, балқыту; балқытып ұстастыру, дәнекерлеу.* **3.** ауыс. *Бір істі әбден тиянақтап, жеріне жеткізу.*

**Пісіріп же.** *Не істесең де мейлің деген мағынада.*

**ПІСІРГІШ** сын. **1.** *Пісіруге шебер, құмар.* **2**. *Металды балқытып біріктіргіш, дәнекерлегіш.*

**ПІСІРТ=** ет. *Жеуге, ішуге дайындату.*

**ПІСІРТТІР=** ет. *Тамақ дайындаттыру.*

**ПІСІРТТІРУ** *Пісірттір етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІРТУ** *Пісірт етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІРУ** *Пісір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тамақ дайындау, әзірлеу.* **2.** кәс. *Металды қыздырып ұстату, біріктіру, дәнекерлеу.*

**ПІСІРУШІ** зат. **1.** *Ас-тағамды әзірлеп дайындаушы.* **2.** *Металды балқытып біріктіруші.*

**ПІСІРІЛ=** ет. *Сұйық немесе қою тамақ әзірлену, дайындалу.*

**ПІСІРІЛУ** *Пісіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ПІСІРІҢКІРЕ=** ет. *Пісіре түсу.*

**ПІСІРІС=** ет. *Етті, тамақты бірге дайындасу, бірлесе пісіру.*

**ПІСІРІСУ** *Пісіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ПІТНАЛЫҚ** зат. сөйл. *Зияндық, қараниеттік.*

**ПІТНӘ**[1] зат. көне. ***Пітіне.***

**ПІТНӘ**[2] зат. көне. *Көтеріліс, шағыс.*

**ПІТІН** зат. өс. *Шөптесін өсімдік.*

**ПІТІНӘ** сын. ескі.кіт. *Аласа, қортық, мәстек.*

**ПІТІНЕ** [ар. فتنة] зат. **1.** *Зияндық, арамдық, қараниеттік.* **2.** *Бүлік, лаң.*

**Пітіне көңіл.** *Арам, пасық ниет, ой.*

**ПІТІНЕЛІ** сын. *Зиянды, кедергілі.*

**ПІТІР** [ар. فطر] зат. діни. *Ораза айында жан амандығына шүкірлік ретінде берілетін садақа.*

**ПІТІРЛІК** сын. *Пітірге беретін тиын, ақша.* **Пітірлік тиын.** діни. *Ораза айында жан амандығына шүкірлік ретінде берілетін садақа, тиын-тебен.*

**ПІШ**[1]= ет. **1.** *Киімді тігер алдында өлшеп, не үлгіге салып кесу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені мөлшерлеу, жобалау.*

**ПІШ**[2]= ет. **1.** *Еркек малдың енін сылып алып тастау, ақтау.* **2.** қарап. *Баланы сүндетке отырғызу.*

**ПІШЕН**[1] зат. ауылшар. *Шабылғаннан кейін ылғалдылығы 15–17% не одан да құрғақ етіп кептірілген мал азығына пайдаланылатын шөп.* **Пішен ұны.** *Шөп ұны, ұнтақ, ұсақ шөп.*

**ПІШЕН**[2] зат. жерг. *Көк қамыс.*

**ПІШЕН**[3] зат. жерг. *Шөптің қалдығынан жасалған төбесі ашық қора.*

**ПІШЕН**[4] үст. жерг. *Көп, өте мол.*

**ПІШЕНДЕЙ** сын. *Пішен сияқты, пішен тәрізді.*

**ПІШЕНДЕМЕ** зат. ауылшар. *50–55 пайызға дейінгі ылғалдылықта кептірілетін және саңылаусыз етіп жабылған темір-бетон қоймаларда сақталатын малазықтық шөп.*

**ПІШЕНДІК** зат. *Пішен шабылатын жер.*

**ПІШЕНЖЕГІЛЕР** [лат. psocoptera] зат. зоол. *Шала түрленіп дамитын, ұсақ, денесі жұқа, нәзік, қылқанжапырақты ормандарда таралған бунақденелілердің бір тобы.*

**ПІШЕНСАЛҒЫШТАР** зат. зоол. *Құс дауысына ұқсас ысқырған жіңішке дыбыс шығаратын, қысқы қорегіне шөп жинап шөмеле жасайтын кеміргіш.*

**ПІШЕНХАНА** зат. жерг. *Пішен жиналған қора.*

**ПІШЕН-ШӨП** зат. *Жиналған шөп, мал азық.*

**ПІШЕНШІ** зат. *Шөп шабушы, шөпші.*

**ПІШЕНШІЛЕР** зат. зоол. <лат. opiliones> *Өрмекшітәрізділердің бір отряды.*

**ПІШЕ-ПІШЕ** үст. *Тарам-тарам, бөлек-бөлек.*

**ПІШКІЗ=** ет. *Біреуге киімді үлгіге салып, кескізу, піштіру.*

**ПІШКІЗУ** *Пішкіз етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШКІШ** сын. *Киім пішуге шебер (адам).*

**ПІШПЕ** зат. **1.** *Піштірілген, тарттырылған еркек мал; ақта.* **2.** жерг. *Сүндетке отырғызылған бала.*

**ПІШПЕК** зат. жерг. *Аяқкиім өкшесінің ішіне салатын көн, ішкі ұлтан.*

**ПІШТУ** од. *Менсінбегендікті, жақтырмағандықты білдіретін ишарат сөз.*

**Пішту құрлы көрмеді**. *Елең ғұрлы көрмеді, елемеді, ескермеді.*

**ПІШТІР**[1]= ет. *Біреуге киім үлгісіне, не дене бітіміне салып киім пішкізу, кестіру.*

**ПІШТІР**[2]= ет. **1.** вет. *Тарттыру, еркек малдың жыныстық қызметін тоқтату мақсатында олардың тұқым шашу қабілетін бұзу, алып тастау.* **2.** сөйл. *Сүндеттеу.*

**Піштіріп жіберді**. бейпіл. *Сөйлеу тілінде көресісін көрсетті, жазасын берді деген мағынада айтылады.*

**ПІШТІРТ=** ет. **1.** *Еркек малды тарттырту.* **2.** жерг. *Ер баланы сүндетке отырғызу.*

**ПІШТІРТУ** *Піштірт етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШТІРУ** зат. вет. *Тарттыру, жануарлардың жыныс бездерін алып тастау немесе аталық жануарлардың жыныстық қызметін тоқтату мақсатында олардың тұқым шашу қабілетін бұзу.*

**ПІШТІРІЛ=** ет. **1.** вет. *Тарттырылу, еркек малдың жыныс безінің алынып тасталуы.* **2.** сөйл. *Сүндеттелу.*

**Піштірілген құл.** кемсіту. *Жетектегі, өз дегені жоқ кісі деген мағынада.*

**ПІШТІРІЛУ** *Піштіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШУ**[1] *Піш етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШУ**[2] *Піш етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШУШІ** зат. *Киім пішетін адам.*

**ПІШІЛ**[1]= ет. *Киім тігілетін адамның бойына өлшеніп, қиылу.*

**ПІШІЛ**[2]= ет. *Еркек малдың тарттырылуы.*

**ПІШІЛУ** *Пішіл етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШІМ** зат. *Киімнің, заттың, үй жабдығының үлгісі, пішілуі.*

**Пішім қылды.** *Кесті, өкім етті.*

**ПІШІМДІ** сын. *Жарасымды, сәнді.*

**Пішімді сөз**. *Ойып алғандай, нақты.*

**ПІШІМСІЗ** сын. *Пішілмеген, нақтыланбаған.*

**Пішімсіз жазба.** инф. <ағыл. informatted record> *Бағдарламалау тілдерінде – арнайы операторлармен анықталмайтын жазба.*

**ПІШІМШІ** зат. жерг. *Киім пішетін шебер.*

**ПІШІМШІЛІК** зат. жерг. *Киім пішушілік.*

**ПІШІН** зат. **1.** *Заттың сыртқы түрі, тұлғасы, формасы.* **2.** *Кескін-кейіп, келбет, түр, қалып.* **3.** геогр. *Жергілікті жер бедерінің тік кесіндісінің графикалық бейнесі.*

**Пішін көрсетті.** *Пиғылын аңғартты, танытты.* **Пішіні кетті.** *Түрі өзгерді, сұрқайыланды.* **Пішінін өзгертті**. *Түрін өзгертті.*

**ПІШІНДЕ=** ет. *Бейнелеу, кескіндеу.*

**ПІШІНДЕЛ=** ет. *Үлгілену, пішінге салыну.*

**ПІШІНДЕЛУ** *Пішіндел етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШІНДЕН=** ет. *Кейіпке түсу, кейіптену.*

**ПІШІНДЕНУ** *Пішінден етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШІНДЕС** сын. *Бейнелес, тұлғалас, келбеттес, кейіптес.*

**ПІШІНДЕУ** *Пішінде етістігінің қимыл атауы.*

**ПІШІНДЕУІШ** зат. сушар. *Каналдың толық беті мен жақтауларын (дуал, су қоймасының) және тұтас бітімін пішіндеуге арналған мәшине.*

**ПІШІНДІ** сын. **1.** *Түрі ұқсас, пішіндес.* **2.** *Келбетті, кескінді, сұлу.*

**ПІШІНДІК** зат. ***Пішендік.***

**Пішіндік талдау.** хим. *Әрекеттеспейтін молекулалардың әртүрлі конформацияларының арасындағы тепе-теңдікті және заттардың физикалық, химиялық қасиеттері мен конформациялық ерекшеліктерінің байланысын зерттейтін стереохимия бөлімі.*

**ПІШІНСІЗ** сын. *Түрсіз, келбетсіз, өңсіз.*

**ПІШІНСІЗДЕНУ** зат. хим. *Сыртқы күштердің әсерімен қыздыру не суыту кезінде, ылғалдылықтың өзгеруі, дене бөлшектерінің салыстырмалы жағдайын өзгертетін басқа да әсерлерден дене өлшемдерінің өзгеруі.*

**ПІШІНСІЗДЕУ** сын. *Түрсіздеу, өңсіздеу.*

**ПІШІНСІЗДІК** зат. *Түрсіздік, өңсіздік.*

**ПІШІНІНДЕЙ** сын. *Пішіні, нобайы сияқты, пішініне ұқсас.*

**ПЪЕКЗОКВАРЦ** зат. геол. *Өн бойының нақтылы бөлігі өте таза сақталған, түссіз немесе бояулы болып келетін кварц кристалы.*

**ПЪЕЗОЭЛЕКТРЛІК** зат. геол. *Кристалдардың сығылуы және көмпиюі нәтижесінде туындайтын электр.*

**ПЬЕЗОГИПСТЕР** [грек. piezō, грек. gypsos] зат. геол. *Пьезометрлік деңгейдің бірдей биіктіктерінің нүктесін қосатын сызықтар.*

**ПЬЕЗОКРИСТАЛДАНУ** зат.геол. *Бір бағытты күшті қысымның әсерінен тұтқыр магманың кристалдануы. Мұндай жағдайда кристалдың дамыған жақтары қысым бағытына көлденең орналасады.*

**ПЬЕЗОМАГНЕТИКТЕР** зат. хим. *Сырттан түсетін қысым әсерінен магниттелетін кристалдық заттар.*

**ПЬЕЗОМЕТРИЯ** зат. геол. *Скважинадан көтерілген су орнының деңгейін өлшейтін құрал.*

**ПЬЕЗОМЕТРИЯЛЫҚ** [грек. piezō, грек. metron] зат. геол. *Пьезометрияға тән.*

**ПЬЕЗОМЕТРЛІК** сын. *Пьезометрге тән.* **Пьезометрлік деңгей**. геол. *Арынды сулы горизонтқа жеткізіле бұрғыланған скважинадан көтерілген судың келіп жетіп тоқтаған деңгейі.*

**ПЬЕЗОӨТКІЗГІШТІК** зат. геол. *Қойнауқаттың сол қойнауқаттық жүйедегі серпінділік дәрежесіне байланысты қысымның өзгеру қарқынын азайтуға тырысу қабілеті.*

**ПЬЕЗОЭЛЕКТРИКТЕР** зат.хим. *Белгілі бағыттарда қысқанда немесе созғанда электрлік полюстену пайда болатын, сондай-ақ электр өрісінің әсерінен кері пәрмен, механикалық пішінсіздену байқалатын материалдар.*

**ПЬЕСА** [франц. piéce] зат. театр. **1.** *Театрда көрсетуге арналған драмалық шығарма.* **2.** *Көлемі шағын музыкалық шығарма.*

**ПЭЙ-ДУАН** зат. экон. *Компанияның өз облигацияларының әлі өтеліп бітпеген шығарылымын облигациялардың жаңа кішілеу шығарылымы арқылы қайта қорландыру.*

**ПЭЛ** зат. инф. *Экранда бейнелеудің ең кіші элементтік нүктесі.*

**ПЮРЕ** [франц. purée] зат. тамақ. *Пісірілген жемістен, овощтан езіп жасалған тағам.*

# Р

**Р** лингв. **1.** *Тіл алды, діріл дауыссыз дыбыс.* **2.** *Осы дыбысты белгілейтін қазақ әліпбиіндегі әріп таңбасы.*

**РАБАД** зат. ***Рабат*** *(ортағасырлық қалалардың қарапайым халық тұратын шеткі бөлігі).*

**РАБАДА** зат. сөйл. ***Рабат.***

**РАБАЙ** зат. *Кейіп, бейне, рай.*

**РАБАЙДА** үст. *Анда-санда, оқта-текте; ілуде бір.*

**РАБАЙСЫЗ** сын. *Қолапайсыз, жөнсіз, ебедейсіз.*

**РАБАЙСЫЗДАУ** сын. *Қолапайсыздау, ебедейсіздеу.*

**РАБАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Жөнсіздік, қолайсыздық, келеңсіздік.*

**РАБАТ**[1] [ар. رباط] зат. көне. *Орта ғасырлардағы қала шетіндегі (сыртындағы) қосымша елді мекен.*

**РАБАТ**[2] зат. экон. *Тауарды ірі топтамамен сатып алу кезінде белгілі бір пайыз немесе нақты сома түрінде берілетін тауар бағасынан шегерім.*

**РАБАТТ** зат. экон. *Сақтандыру нарығында делдалдың сақтанушыға беретін шегермесі.*

**РАББ** зат. діни. *Алла Тағаланың 99 есімінің бірі, жоқтан бар етуші, асыраушы, тәрбие беруші, бүкіл әлемнің қожасы деген мағынада.*

**РАББАНА** зат. діни. *Жаратқан ием мағынасындағы Аллаға жүгінетін сөз.*

**РАББЫ** [ар. رب] зат. діни. **1.** *Жаратушы ие, жасаған ие.* **2.** *Жасаған ие, жаратушы деген мағынадағы қаратпа атауыш.*

**Раббым Алла.** *Жаратушы ием Алла.*

**РАБДИТТАР** зат. биол. *Кірпікшелі құрттардың тері жабындысында кездесетін, қорғану қызметін атқаратын жылтыр таяқша тәрізді құрылымдар.*

**РАБДОМИОМА** [грек. rhabdos – таяқша, myoma – миома] зат. вет. *Бұлшық ет тканінен құрылған уытсыз ісік.*

**РАБФАК** зат. тар. совет. *Совет өкіметінің алғашқы жылдарында жұмысшы және кедей шаруа жастарын жоғары оқу орындарына даярлау үшін арнайы ашылған, жалпы орта білім беретін оқу орны.*

**РАБЫ** зат. діни. *Өріс , мекен.*

**РАГУ** [франц. ragoût] зат. тамақ. *Майдалап туралған еттен (балықтан, овощтан) жасалған тамақ.*

**РАҒ** зат. ескікіт. *Шағын, егістік.*

**РАҒАДАТ**[1] зат. ескікіт. *Күннің күркіреуі.*

**РАҒАДАТ**[2] зат. ескікіт. *Байлық, салтанаттық.*

**РАҒАЙЫП: рағайып түн.** діни. *Мұхамед (с.ғ.с.) пайғамбардың анасының құрсағына түскен түні.*

**РАҒИАТ** зат. ескікіт. *Қол астындағы халық, шаруа,бағыныушты адам.*

**РАҒИТ** [ар. رعد] зат. діни. *Діни ұғым бойынша бұлтты, жаңбырды, жайды басқаратын періштенің аты.*

**РАҒНА** [ар. رعناء] сын. *Сұлу, сүйкімді, шырайлы.*

**РАД** зат. *Сіңірілген сәуле дозасы.*

**РАДА**[1] зат. *Қалау, ұнатушылық.*

**РАДА**[2] зат. көне. *Сүйеніш, тірек, көмек.*

**РАДА**[3] [ар. رداءة] сын. көне. *Жағымсыз.*

**РАДА**[4] зат. *Украин парламенті.*

**РАДАР** [ағыл. radio] зат. *Нысандарды тауып, оларға дейінгі қашықтықты анықтайтын радиолокациялық стансылар.*

**РАДИАН** [лат. radius] зат. мат. *Ұзындығы радиусқа тең шеңбер доғасына сәйкес бұрыш.*

**РАДИАНДЫҚ** сын. мат. *Радианға тән.*

**РАДИАТОР**[1] [лат. radiare] зат. тех. *Іштен жанатын двигательді судың, желдің көмегімен салқындататын тетік.*

**РАДИАТОР**[2] зат. тех. *Электрлік тұрғын үйлерді қосымша жылыту үшін қолданылатын тасымалды электрліжылытқыш.*

**РАДИАТОР**[3] зат. сөйл. *Жылу батареясы.*

**РАДИАЦИЯ** [лат. radiatio] зат. *Күн қызуынан, қуатты жарылыстан шығатын радиомагниттік энергия, жарқыл.*

**РАДИАЦИЯЛЫ** сын. *Радиациясы бар, радиациясы күшті.*

**РАДИАЦИЯЛЫҚ** сын. *Радиацияға тән, радиацияға қатысты.*

**Радиациялық белдеу.** физ. *Жоғары кинетикалық энергияға ие зарядталған бөлшектерді (протондарды, электрондарды) ұстап тұратын өзіндік магниттік өрісі бар планета магнитосферасының ішкі аймағы; магнит өрісі.* **Радиациялық белдік**. ***Радиациялық белдеу.*** **Радиациялық климат.** <лат. solarium – күн деген сөзінен шыққан> геогр. *Географиялық ендік пен жыл мезгілдеріне қарай жер бетіне күн радиациясының таралуын ескере отырып, атмосфераның жоғарғы шекарасындағы теория бойынша анықталатын климат.* **Радиациялық қауіпсіздік.** *Белгіленген нормаларға сәйкес қызметшілерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін шаралар кешенімен қамтамасыз етілген радиациялық жағдайдың жай-күйі.* **Радиациялық физика.** *Иондаушы сәулелердің әсерінен денелерде болатын физикалық құбылыстарды зерттейтін ғылым саласы.* **Радиациялық химия.** хим. *Иондаушы сәулелену әсерінен жүретін химиялық өзгерістерді зерттейтін химия саласы.* **Радиациялық-химиялық шығым.** хим. *100 эВ иондаушы сәулелену энергиясын заттар сіңірген кездегі химиялық жүйелердегі түзілетін не жұмсалатын молекулалардың, атомдардың, радикалдардың немесе басқа бөлшектердің абсолют мөлшері.*

**РАДИЙ** [лат. radius] зат. хим. *Радиоактивті химиялық элемент; металл.*

**РАДИКАЛ**[1] [лат. radicalis] зат. саяси. *«Солшыл» буржуазиялық партияның өкілі, соның идеясын жақтаушы.*

**РАДИКАЛ**[2] зат. **1.** мат. *Математикалық таңба, санның түбірін есептеп шығару белгісі.* **2.** хим. *Химиялық бір қоспадан екіншісіне өзгеріссіз көшетін молекуладағы атом тобы.*

**РАДИКАЛДАН=** ет. саяси. *Радикалды әрекеттерге кірісу, тез, шешімді қадамдар жасау.*

**РАДИКАЛДАНДЫР=** ет. саяси. *Әрекетке итермелеу, радикал қадамдар жасату.*

**РАДИКАЛДЫ** сын. *Радикал ойлы.*

**РАДИКАЛ-ИОНДАР** [лат. radicalis – түбір, түпкі, грек. iōn – баратын] зат. физ. *Негізгі, өзекті иондар.*

**РАДИКАЛИЗМ** зат. саяси. *Радикалдардың саяси бағыты және көзқарасы.*

**РАДИКАЛШЫЛДЫҚ** [лат. radix] зат. саяси. *Саяси мәселені батыл, түбегейлі шешуге ұмтылыс.*

**РАДИКУЛИТ** [лат. radicula] зат. мед. ***Құяң.***

**РАДИО** [лат. radiare] зат. *Арнаулы стансылардан электрмагнит толқындары арқылы алыс қашықтыққа хабар беретін және қабылдайтын сымсыз аппарат.*

**Радио тәжі.** физ. ***Күн тәжі.***

**РАДИОАКТИВТЕН=** ет. *Атомдық сәуле тарату арқылы басқа элементтің ядросына айналу, өздігінен ыдырау, радиоактивті қасиетке ие болу.*

**РАДИОАКТИВТЕНДІР=** ет. *Ыдырату.*

**РАДИОАКТИВТЕНДІРУ** *Радиоактивтендір етістігінің қимыл атауы.*

**РАДИОАКТИВТЕНУ** *Радиоактивтен етістігінің қимыл атауы.*

**РАДИОАКТИВТІ** сын. ***Радиобелсенді*** *(радиоактивтілік қасиеті бар).*

**Радиоактивті изотоптар.** хим. *Химиялық элементтердің тұрақсыз, ыдырап, басқа элементке айналып кететін изотоптары.* **Радиоактивті қалдықтар.** *Ядро реакторлардың және радиоактивті изотоптарды өндіру және пайдалану кезінде пайдалануға келмейтін радиоактивті заттар.* **Радиоактивті минералдар.** хим. *Құрамында табиғи радиоактивті элементтердің мөлшері бұлардың жер қыртысындағы орташа шамасынан көбірек шоғырланған минералдар тобы.* **Радиоактивті элементтер.** физ. *Барлық изотоптары радиоактивті болатын химиялық элементтер.*

**РАДИОАКТИВТІК** зат. ***Радиоактивтілік.***

**Радиоактивтік қатар.** хим. *Радиоактивтік элементтер тобы; алдыңғы изотоптың ыдырауы нәтижесінде пайда болатын изотоптардың топтары.*

**РАДИОАКТИВТІЛІК** зат. *Кейбір химиялық элементтердегі атомдық ядроның күшті жарық (сәуле) шығару арқылы ыдырауы, өздігінен түрленуі.*

**РАДИОАППАРАТ** [лат. radiare – сәуле шығару, лат. apparatus – құрал, жабдық] зат. *Радио толқынын қабылдайтын немесе таратын аппарат.*

**РАДИОАСТРОНОМИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. astron – жұлдыз, nomos – заң] зат. *Астрономияның радиотелескоптардың көмегімен ғарыш нысандары шығаратын радиосәулелерді қабылдап, олардың қасиеттерін зерттейтін бөлімі.*

**РАДИОАУТОГРАФИЯ** зат. *Биология немесе басқа объектілердегі радиоактивті изотоптар мөлшерін және қай жерде орналасқанын анықтайтын әдіс.*

**РАДИОӘУЕСҚОЙ** сын. *Радио хабарларын тыңдауға құштар, ұнататын.* **Радиоәуесқойлар стансысы.** *Радиоәуесқойлық байланыс үшін қолданылатын қабылдау немесе тарату-қабылдау радиостансысы.*

**РАДИОБАҒЫТ** зат. әск. *Әскердегі радиобайланысты ұйымдастыру әдісі.*

**РАДИОБАЙЛАНЫС** зат. *Радиотолқындар арқылы жүзеге асырылатын байланыс.*

**Радиобайланыс жүйесі.** *Радиотолқындар арқылы жүзеге асырылатын электр байланыс түрі.*

**РАДИОБАҚЫЛАУ** зат. әск. *Әскерлерді жасырын басқару талаптарының орындалуын,*

*жұмыс тәртіптерін, радиобүркеніш шараларын, техникалық пайдалану және радиобайланысты жүргізу ережелерін тексеру мақсатында радиобайланыс жұмысына белгіленген тәртіпті бақылау.*

**РАДИОБАРЛАУ** з а т . ә с к . *Қарсыластың радиотаратуларын ұстау және талдау, сонымен қатар жұмыс істеуші радиостансыларды радиопеленгтеу арқылы қарсылас туралы мәліметтер жинау мақсатында жүргізілетін барлау.*

**РАДИОБЕЛСЕНДІ** с ы н . *Басқа элементтің ядросында айналатын, өздігінен ыдырайтын, сәуле (зиянды, қауіпті) шығаратын.*

**Радиобелсенді қалдықтар [заттар]**. *Адам өміріне, тірі, өлі табиғатқа қауіп төндіретін, зиянды заттар, қалдықтар.*

**РАДИОБЕЛСЕНДІЛІК** з а т . *Кейбір нуклейдтердің, фотондар бөлшектерін шығара отырып, өздігінен басқа нуклейдтерге айналу қасиеті.*

**РАДИОБЕРІЛІМ** з а т . о к к а з . *Радиохабар.*

**РАДИОБИОЛОГИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, bios – өмір, logos – ілім] з а т . *Иондаушы сәулелердің барлық түрінің тірі организмдер мен оның қауымдастығына тигізетін әсерін зерттейтін ғылым.*

**РАДИОБӨГЕТ** з а т . *Радиоактивті толқындардың жолындағы кедергі зат.*

**РАДИОБҮРКЕНІШ** з а т . ә с к . *Қарсыластың радиобарлауының әсерін төмендетуге бағытталған техникалық және ұйымдастыру шараларының жиыны; радиоэлектрондық бүркеніштің құрама бөлігі.*

**РАДИОБЮРО** з а т . *Радиотаратқыштар арқылы таратылатын ақпараттарды оларды дайындайтын орындардан қабылдап, тиісті радиотаратқыштарға таратып беретін және олардың жұмысына бақылау орнататын байланыс кәсіпорыны.*

**РАДИОГАЗЕТ** [лат. radiare – сәуле шығару, итал. gazzetta – басылым] з а т . *Радио арқылы өте маңызды, шұғыл, тығыз ақпарларды берудің, таратудың бір түрі.*

**РАДИОГЕНДІ: радиогенді жылу.** ф и з . *Радиоактивті элементтердің (уран, торий және актиний тізбектері, сол сияқты калий, рубидий, самарий тағы сондай) ыдырауы барысында бөлініп шығатын жылу.*

**РАДИОГЕОДЕЗИЯЛЫҚ** с ы н . ф и з . *Радиогеодезияға қатысты.*

**Радиогеодезиялық жүйелер**. ф и з . *Бір-бірімен өзара әрекеттестікте болатын, егер басқаларының орындары белгілі болса, біреуін анықтауға арналған радиотехникалық стансылар жиынтығы.*

**РАДИОГЕОЛОГИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, gē – жер, грек. logos – ілім] з а т . г е о л . *Геологияның жер қойнауындағы радиоактивті заттардың ядролық айналысқа ұшырау заңдылықтарын және олардың геологиялық процестерде байқалуын зерттейтін саласы.*

**РАДИОГИДРОГЕОЛОГИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. hydōr – су, gē – жер, logos – ілім] з а т . *Гидрогеология ғылымының жерасты суларының радиоактивтілігін зерттейтін саласы.*

**РАДИОГОНИМЕТР** з а т . ф и з . *Қозғалмайтын антенналары бар радиосекторда, радиопеленгаторларда қолданылатын аспап.*

**РАДИОГРАММА** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. gramma – әріп, жазу] з а т . *Радио арқылы берілетін телеграмма, хабар.*

**РАДИОЖАҢҒЫРЫҚ** з а т . ф и з . *Таралу жолында әртүрлі электрлік қасиеті бар екі ортаның шегарасынан шағылған радиотолқынының өзі шыққан орынға қайта оралуы.*

**РАДИОЖАРҒЫШ** з а т . ф и з . *Нысанамен шағылыстырылған және сәулеленген радиотолқын энергиясының әсерімен жарылатын түйіспесіз жарғыш.*

**РАДИОЖАРТЫКОМПАС** з а т . *Жақтаулы антеннасы бар радиопеленгатор.*

**РАДИОЖЕЛӨЛШЕР** з а т . ф и з . *Кез келген акваториядағы желдің бағытын және жылдамдығын өлшеуге арналған автоматты аспап.*

**РАДИОЖИІЛІК** з а т . ф и з . *Радиотолқындарға ұқсас келетін электрмагниттік тербеліс жиіліктері.*

**РАДИОЖУРНАЛ** з а т . *Радио таратқыш арқылы эфирден берілетін әр алуан жанрлық хабарлар.*

**РАДИОЖҮРГІЗУШІ** з а т . *Радиодан берілетін хабарлар мен бағдарламалардың жүргізушісі.*

**РАДИОЗОНД**[1] [лат. radiare – сәуле шығару, франц. sonde] з а т . *Ішіне жеңіл газ толтырылып, метеорологиялық аспаптармен атмосфераға көтерілетін резеңке шар.*

**РАДИОЗОНД**[2] з а т . ф и з . *Атмосфераның биік қабаттарын зерттеу үшін қолданылатын аэрологиялық аспап.*

**РАДИОИМПУЛЬСТЕР** з а т . ф и з . *Электр импульсінің бір түрі, қамтушысы бейнеимпульс пішінінде болатын тербелістер.*

**РАДИОИНДИКАТОРЛЫҚ** с ы н . г е о л . *Радио құрылғылы тексергіш.*

**РАДИОКЕДЕРГІ** з а т . ф и з . *Күннің активті әсерінің радио толқын жиілігіне әсері.*

**РАДИОКЛУБТАР** з а т . *Радиотехника және радиоәуесқойлармен спорттық-бұқаралық жұмыстар саласындағы оқу және конструкторлық қызметінің орталығы.*

**РАДИОКОДТАР** з а т . *Қысқа толқындағы жұмыста спортшылардың өзара радиохабар алмасуы кезіндегі шартты белгілер.*

**РАДИОКОМИТЕТ** [лат. radiare – сәуле шығару, франц. comite – тапсыру] з а т . т а р . с о в е т . *Радиохабарларды таратып отыратын орталық мекеме.*

**РАДИОКОНСТРУКТОР** з а т . *Радио жабдықтарын құрастырушы, жасаушы маман.*

**РАДИОКОМПАРАТОР** з а т . ф и з . *Радиотолқынның электрмагниттік өрісінің кернеуін өлшеуге арналған аспап.*

**РАДИОКОМПАС** [лат. radiare – сәуле шығару, итал. compasso] з а т . *Жер бетіндегі, хабар тарататын радиостансылардың бағытын автоматты түрде реттеуге арналған құрылғы.*

**РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ** з а т . *Радиосигналдарды қабылдауға және олардағы хабарды тыңдауға мүмкіндік беретіндей етіп жасалған аппарат.*

**РАДИОҚАБЫЛДАУ** з а т . **Радиоқабылдағыш.**

**РАДИОҚОБДИША** з а т . с ө й л . **Радиоқабылдағыш.**

**РАДИОҚҰБЫР** з а т . и н ф . *Ақпаратты радиотолқындар арқылы тасымалдау.*

**РАДИОЛА** з а т . *Радиоқабылдағыш пен электрлік табақойнатқыш бірге құрастырылған радиотехникалық аппарат.*

**РАДИОЛАНДЫР=** е т . т а р . *Радиотрансляция желілері тораптарын салу, радиоқабылдағыштарды қондыру.*

**РАДИОЛАНДЫРУ** *Радиоландыр етістігінің қимыл атауы.*

**РАДИОЛАНДЫРЫЛ=** е т . т а р . *Радио тораптары орнатылу, қондырылу, таратылу.*

**РАДИОЛАНДЫРЫЛУ** *Радиоландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**РАДИОЛИЗ** з а т . х и м . *Иондағыш сәулелену энергиясын сіңіру нәтижесінде химиялық қосылыстардың айырылуы .*

**РАДИОЛОГИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. logos – ілім] з а т . *Радиоактив құбылыстарын зерттейтін ғылым.*

**РАДИОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н . *Радиоактивті құбылыстарды зерттейтін ғылымға қатысы бар, соған тән.* **Радиологиялық қару.** ә с к . *Жаппай қырып-жою қаруларының бір түрі.*

**РАДИОЛОКАТОР** [лат. radiare – сәуле шығару, лат. locare – қою] з а т . *Радиотолқындар арқылы алыстағы түрлі объектілердің тұрған орнын білдіретін қондырғы.*

**РАДИОЛОКАЦИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, лат. locatio – орналастыру] з а т . *Әртүрлі объектілер мен нысаналарды радиотехникалық тәсілдер арқылы бақылау мәселелерімен шұғылданатын ғылым мен техниканың саласы.*

**РАДИОЛОКАЦИЯЛАУ** з а т . *Радиотехникалық тәсілдер арқылы бақылау.*

**РАДИОЛОКАЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Радиолокацияға қатысы бар, соған тән.*

**Радиолокациялық астрономия.** *Астрономияның бақылау нүктесіне орналастырылған радиоқұрылғылар арқылы ғарыш нысандарын бақылаумен, олардың кеңістіктегі орнын анықтаумен айналысатын саласы.*

**РАДИОЛОКАЦИЯЛЫҚ: радиолокациялық бүркемелер.** ә с к . *Бүркегіш экраны, радиотолқындарға арналған жергілікті құралдардан жасалған түссіз кедергілер.*

**РАДИОЛЯРИТТЕР** з а т . г е о л . *Тереңдігі 4,5-6 км мұхит түбіндегі, құрамының жартысынан астамы радиолярийлердің қаңқа қалдықтарынан тұратын кремнийлі органогендік таужыныстар.*

**РАДИОЛЯРИЙЛЕР** з а т . х и м . *Негізінен планктондарға жататын бір клеткалы қарапайымдар тобы.*

**РАДИОМАЯК** з а т . *Географиялық орны және тарайтын сигнал толқынының ұзындығы тұтынушыларына күні бұрын белгілі болатын, құрамында радиоқабылдағышы жоқ, жер беті таратушы радиостанциясы.*

**РАДИОМЕТР** [лат. radiare – сәуле шығару, франц. métre – өлшем] з а т . **1.** *Электрмагниттік сәуле энергиясын өлшейтін құрал, аспап.* **2.** *Радиоактивті заттардың активтілігін өлшейтін құрал; дыбыс толқындарының қысымын өлшеуге арналған құрал.*

**РАДИОМЕТРИЯ** з а т . ф и з . *Радиобелсенді заттардың белсенділігін өлшейтін әдістер жиынтығы.*

**РАДИОМЕТРЛІК** с ы н . *Радиометрге тән, соған қатысты.*

**РАДИОМОНТЕР** з а т . *Радио құралдарын жөндеуші.*

**РАДИОНАВИГАЦИЯ** з а т . ф и з . *Радиотехникалық құралдар мен құрылғылар көмегімен кемелерді, ұшу аппараттарын жүргізудің теориялық мәселелері мен практикалық әдістерін талдап зерттеуші навигация (аэронавигация) тарауы.*

**РАДИОНАВИГАЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Радионавигацияға тән.*

**Радионавигациялық құралдар** з а т . *Кемелер мен ұшақтарда орналасқан, оларға радиобағдар жасауға және жүргізуге арналған радионавигациялық құралдар.*

**РАДИООРТАЛЫҚ** з а т . *Радиобайланыс және радиохабарларын жүргізуге арналған радио құралдары мен жабдықтардың кешені.*

**РАДИОПЕЛЕНГ** зат. физ. *Хабар жіберетін пеленгтеуші радиостансылардан келетін радиотолқындар бағыты мен шынайы меридиан кеңістігі арасындағы бұрыш.*

**РАДИОПЕЛЕНГАТОР** зат. *Шағын бұрышпен бағытталған, ұшкір антеннамен жабдықталған радиоқабылдағыш.*

**РАДИОПЕЛЕНГАЦИЯ** [гр. pelengs –ұстап алу] зат. физ. *Радиотолқынды тарататын объектінің орналасу бағытын анықтау.*

**РАДИОПИЛОТ** зат. физ. *Атмосфераның әртүрлі биіктігіндегі жел жылдамдығы мен бағытын өлшеуге, анықтауға арналған қондырғы.*

**РАДИОСӘУЛЕ** зат. физ. *Радиоактивті сәуле, жылу.*

**РАДИОСЕКСТАНТ** зат. физ. *Күнді радиобақылаулар арқылы астрономиялық ендікті, бойлықты және азимутты анықтауға арналған. Радионавигациялық аспап.*

**РАДИОСИАЛОГРАФИЯ** зат. мед. *Радиоактивті иод ізі арқылы сілекейдің бөлінуін өлшеп, шықшыт безінің қызметін анықтайтын клиникалық радио изотопты тәсіл.*

**РАДИОСИГНАЛ** зат. *Радио арқылы берілетін белгі, сигнал.*

**РАДИОСПЕКТРОСКОПИЯ** [лат. radiare – сәуле шығару, лат. spectrum – көрінетін, грек. skopeō – бақылаймын] зат. физ. *Физиканың радиодиапазондағы электрмагниттік толқындар тудыратын кванттық жүйенің энергия деңгейлері арасындағы ауысуларды зерттейтін бөлімі.*

**РАДИОСПОРТ** зат. *Кез келген толық диапазонында радиоәуесқойлармен екі жақта байланыс жасау; радиограммаларды тез беру және қабылдау сияқты бұқаралық техникалық спорт түрлерінің бірі.*

**РАДИОСТАНСА** зат. *Радиотолқындар арқылы ақпарат таратуға және қабылдауға арналған құрылғылар кешені.*

**РАДИОСТАНЦИЯ** зат. ***Радиостансы*** *(радиотолқындар көмегімен хабар таратуға және қабылдауға арналған құрылғылар кешені).*

**РАДИОСТУДИЯ** зат. *Радио хабарын беруге арналып жабдықталған үй.*

**РАДИОТАРАТҚЫШ** зат. *Радиожиілік диапазонында модуляцияланған электрлік тербеліс тудырып, таратуға арналған құрылғы (немесе құрылғылар жиынтығы).*

**РАДИОТАУАР** зат. экон. *Радио арқылы жарнамаланып, сатылатын тауарлар.*

**РАДИОТЕЛЕГРАФ** зат. *Радио арқылы телеграмма беру әдісі.*

**РАДИОТЕЛЕСКОП** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. tēte – ұзақ, skopeō – бақылаймын] зат. *Космостың радиосәулелерді қабылдауға және осы сәулелердің сипаттамаларын зерттеуге арналған құрал.*

**РАДИОТЕЛЕФОН** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. tēle – ұзақ, phōnē – дыбыс] зат. *Телефон хабарларын радиотолқындар көмегімен таратуға, әрі қабылдауға арналған аппарат, сымсыз телефон.*

**РАДИОТЕРАПИЯ** [лат. padiare – сәуле, грек. therapeia – емдеу] зат. вет. *Табиғи және жасанды радиоактивтік заттардан бөлініп шыққан бета не гамма сәулелердің әсерімен емдеу.*

**РАДИОТЕХНИК** зат. *Радио аспаптарының маманы.*

**РАДИОТЕХНИКА** [лат. radiare – сәуле шығару, грек. technike – шеберлік] зат. *Радио диапазонындағы электрмагниттік тербелістер мен толқындарды генерациялау және күшейту, тарату, қабылдау, тәсілдері мен оларды пайдалану жолдарын зерттейтін ғылым.*

**РАДИОТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Радиотехникаға байланысты, қатысты, соған тән.*

**Радиотехникалық барлау.** *Радиоэлектрондық барлаудың құрамдас бөлігі.*

**РАДИОТОЛҚЫН** зат. *Кеңістікке таралатын электрмагниттік ауа толқыны.*

**Радиотолқын өрісі.** *Толқынның белгілі қашықтықтарымен шектелген (ұзақ, орташа, қысқа және т.б.) немесе радиостансы топтарымен жұмыс істеуге арналған радиотолқын аумақтары.*

**РАДИОТОРАП** зат. *Орталық радиохабарлардың бағдарламасы мен жергілікті хабарларды таратуға арналған қабылдағыш, күшейткіш, т. б. аппараттардың жиынтығы.*

**РАДИОФИЗИКА** зат. *Электрмагниттік тербелістердің генерация, күшейту процестерін, қайта жасалуын, сонымен қатар сәулелену радиотолқындарын тарату мен оны қабылдау процестерін қарастыратын физика саласы.*

**РАДИОХАБАР** зат. *Радио арқылы берілетін ақпараттық қоғамдық-саяси, көркем және музыкалық хабар.*

**РАДИОХАБАРЛАНДЫРУ** зат. *Жалпы халыққа арналған хабарландыруларды радио арқылы тарататын жарнама түрі.*

**РАДИОХИМИЯ** зат. хим. *Химияның радиоактивті заттардың, элементтердің, изотоптардың және ядро өзгерісінің физикалық, химиялық қасиеттерін зерттейтін, оларды алу, тазалау әдістерін қарастыратын саласы.*

**РАДИОХИМИЯЛЫҚ** сын. хим. *Радиохимияға тән.*

**Радиохимиялық талдау** хим. *Аналитикалық химияның ядролық өзгерістер өніміндегі радиоактивті изотоптардың сапалық құрамы мен мөлшерін анықтайтын әдістер жиынтығы.*

**РАДИОШАҚЫРҒЫШ** зат. *Радиостансы және оның бөлімдеріндегі дабыл берілетін құрал.*

**РАДИОЭЛЕКТРОНИКА** зат. *Хабар беру және қабылдау үшін электрмагниттік өріс энергиясын пайдалану мәселелерін қарастыратын ғылым мен техниканың саласы.*

**РАДИОЭЛЕМЕНТТЕР** зат. физ. *Барлық изотоптары да радиоактивті табиғи және жасанды химиялық элементтер.*

**РАДИСТ** зат. *Радиохабарларды беретін және қабылдайтын маман.*

**РАДИУС** [лат. radius] зат. геом. *Шеңбердің кез келген нүктесін оның центрімен қосатын түзу кесінді.*

**РАДОН** [лат. radonum] зат. хим. *Менделеевтің периодты системасының VIII тобындағы радиоактивті химиялық элемент.*

**РАДОНДЫ** сын. хим. *Құрамында радоны бар, радонданған.*

**РАЗЗАҚ** зат. діни. *Ризық беруші.*

**РАЗИ** сын. *Жарасымды, жағымды, мейірімді, сүйкімді, аяулы, ұнамды, разы.*

**РАЗМЕР** зат. сөйл. *Киімнің өлшемін көрсететін мөлшер.*

**РАЗРЯД** зат. сөйл. ***Дәреже*** *(белгілі кәсіп, маман иелерінің жұмысқа, қызметке сіңірген еңбегіне байланысты берілетін атақтар).*

**РАЗРЯДТА=** ет. *Дәреже беру.*

**РАЗРЯДТАЛ** ет. *Разряд берілу.*

**РАЗРЯДТАЛУ** *Разрядтал етістігінің қимыл атауы.*

**РАЗРЯДТАУ** *Разрядта етістігінің қимыл атауы.*

**РАЗРЯДШЫ** зат. спорт. *Спорттық дәрежесі бар спортшы.*

**РАЗЪЕЗД** зат. сөйл. *Қарсы келе жатқан пойызды өткізіп жіберу үшін теміржол бойындағы бір бүйірге қарай айырылған бұрылыс, жол және осындай жердегі бекет.*

**РАЗЫ** [ар. راضی] үст. *Адамның бір нәрсеге қанағаттанғандығын, ұнатқандығын білдіретін қуану, сүйіну сезімі; ырза, риза.*

**Разы болды.** а) *Көңілі тойды, көңілі риза болды.* ә) *Қанағаттанды.* **Разы еместік.** *Көңілі толмаушылық.* **Разы қылды**. *Риза қылды.*

**РАЗЫЛЫҚ** зат. *Белгілі бір нәрсеге көңіл толғандық, қанағаттанғандық.*

**Разылық білдірді**. *Риза екенін, көңілі толғанын айтты.*

**РАЙ[1]** [ар.رای] зат. *Адамның көңіл күйі, пішіні, шырайы.*

**Рай аңыс.** жерг. *Райынан байқау, аңғару.* **Рай бермеді**. *Ыңғай танытпады.* **Райына бақты.** жерг. *Қас-қабағына, еркіне бағынды, әліптің артын бақты.* **Райынан қайтты**. *Алған бетінен қайтты, сабасына түсті, ашуы басылды.*

**РАЙ[2]** зат. лингв. *Іс-әрекеттің, қимылдың не бұйрық мағынасын, не қалау, тілек мағынасын, не шартын білдіретін етістік категориясы.*

**РАЙ[3]** зат. *Келісім, пікір.*

**РАЙБАТ** [ар. ریبة] зат. көне. *Күдік, күмән.*

**РАЙГРАС** зат. өс. *Жылылық пен ылғал сүйгіш Қазақстанның оңтүстік аймақтарының суармалы жерлерінде өсетін, жылқы сиырға құнарлы азық болатын астық тұқымдас екпе шөп.*

**РАЙДЕР** зат. *Танымал тұлғаның шартымен міндеттейтін тізім.*

**РАЙКА** зат. өс. *Мол өнім беретін кішірек алма.*

**РАЙКЕРЛІК** зат. жерг. *Қулық, айлакерлік.*

**РАЙКОМ** зат. тар. совет. *Аудандық партия комитеті.*

**РАЙЛАН=** ет. *Бетіне қан жүгіріп нұрлану, ажарлану, жайнау, өңдену.*

**РАЙЛАНДЫР=** ет. *Әдемілендіру, өңдендіру.*

**РАЙЛАНДЫРУ** *Райландыр етістігінің қимыл атауы.*

**РАЙЛАНУ** *Райлан етістігінің қимыл атауы.*

**РАЙЛАС=** ет. *Біреумен ой-пікірі бір болу, сыбайласу, келісу, жарасу.*

**РАЙЛАС** сын. *Ұқсас, сәйкес, түстес.*

**РАЙЛАСТЫҚ** зат. *Үйлесімі бір, үндестік, сыбайластық.*

**РАЙЛЫ** сын. *Келбетті, көрікті, әдемі, шырайлы.*

**РАЙСЫЗДЫҚ** зат. *Ықыласы жоқтық, көңілсіздік.*

**РАЙТЕР** зат. экон. *Негізгі бағалы қағазды аукционның уағдаласылған бағасы бойынша сату немесе сатып алу міндеттемесін өз мойнына алушы адам.*

**РАЙТС** зат. экон. *Бұрыннан бар акционерлерге не жазылысқерге нарықтық бағадан төмен бағамен ұсынылатын артықшылықты акциялар не облигациялар.*

**РАЙХАН[1]** зат. діни. *Бейіш бақтары.*

**РАЙХАН[2]** зат. өс. *Райханғүл.*

**РАЙХАН[3]** зат. өс. *Көкемарал.*

**РАЙХАНГҮЛ** зат. өс. <лат. ziziphora> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын көп не біржылдық хош иісті шөптесін өсімдік; жартылай бұталар мен бұталар туысы; эфирлі-майлы, дәмдік татымдық, дәрілік дақыл.*

**РАЙФИКУ** зат. *Жапон халқының ұлттық киімі.*

**РАЙФФАЙЗЕН-БАНК** зат. экон. *Неміс тілді елдерде өз мүшелеріне жеңілдікті несие беретін шағын несие кооперативі.*

**РАЙЫС[1]** [ар.رئیس] зат. көне. *Бастық, әкім.*

**РАЙЫС**$^{2}$ [ар. رئيس] зат. көне. *Рақат, бақыт, жұмақ.*

**РАЙЯТВАРИ** зат. экон. *Үндістандағы жер салығы жүйесі.*

**РАК** зат. мед. ***Обыр*** *(қатерлі ісік ауруы).*

**РАКАҒАТ** [ар. ركعة] зат. діни. ***Рәкәғат.***

**РАКАТ** зат. діни. *Мезгіл.*

**РАКЕТА** [нем. Rakete] зат. **1.** *Атылғанда әуеге жарық шашатын, фейерверктер жасау және түрлі белгілер беруде қолданатын, ішінде от алғыш дәрі толтырылған гильза түріндегі снаряд.* **2.** ***Зымыран*** *(өз массасын біртіндеп бөліп шығару нәтижесінде пайда болатын реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты).*

**РАКЕТАҚОЗҒАЛТҚЫШ** зат. *Өз жұмысы үшін қозғалмалы аппараттың қорындағы заттар мен энергия көзін пайдаланатын реактивтік қозғалтқыш.*

**РАКЕТАЛЫҚ** сын. *Ракетаға қатысы бар, ракетамен байланысты, соған тән.*

**Ракеталық кешен.** әск. *Қарулар жүйесі.* **Ракеталық қару**. әск. *Басқарылатын немесе басқарылмайтын ракеталардың көмегімен нысанаға жеткізілетін қырып-жою құралының жүйесі.* **Ракеталық тездеткіш**. әск. *Спутниктердің, ракеталардың математикалық әдісті талап ететін негізгі мәселелерінің бірі; оларды көздеген орбитаға жеткізу.*

**РАКЕТАТАСЫҒЫШ** зат. *Пайдалы жүкті (ЖЖС, ғарыш кемелерін, планетааралық автоматты стансыларды т.б.) ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған көп сатылы (2–5 сатылы) ракета.*

**РАКЕТАШЫ** зат. әск. *Ракета атқыш; ракета бөліміндегі жауынгер.*

**РАКЕТКА** зат. спорт. *Басы сопақтау, мойны, сабы бар теннис ойнайтын құрал.*

**РАКУРС** [*фр.* raccourcir] зат. *Зат формасының оны көрумен кеңістіктегі орналасуына қарай кішірейтілуі.*

**РАКУШКА** зат. сөйл. ***Бақалшақ***$^{2}$.

**РАҚАҒАТ** зат. діни. ***Рәкәғат*** *(намазда дұға, фатиха сүресі мен қысқа сүрені оқып тұрып еңкею (рукуғқа бару), басты сәждеге беру құлшылық әрекеттері кіретін бір бөлім).*

**РАҚАТ** [ар. راحت] зат. **1.** *Жаны жай тапқанда, рақаттанғанда айтылатын керемет, ғажап, ғанибет деген мағынадағы сөз.* **2.** *Тыныштық, дамыл, зейнет, қолайлылық.*

**Рақат ғұмыр.** *Тыныш өмір, ойсыз, жан рақатын ғана ойлаған тірлік.* **Рақатқа батты**. *Жанға жайлы, ләззатты күй кешті, рақаттанды.* **Рақат іздеді.** *Жан тыныштығын, жан саясын көкседі.* **Рақат іздеді.** *Тыныштық ойлады, рақат көрді.*

**РАҚАТ** зат. діни. ***Рәкәғат.***

**РАҚАТТАН=** ет. *Рақатқа бату, сүйсіну, ләззаттану.* **Рақаттан жаны кенелу.** жерг. *Рақаттанды, рақатқа батты.*

**РАҚАТТАНДЫР=** ет. *Мәз болдыру, сүйсіндіру, рақат сыйлау.*

**РАҚАТТАНДЫРУ** *Рақаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**РАҚАТТАНУ** *Рақаттан етістігінің қимыл атауы.*

**РАҚАТТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Рақатқа батушылық, жаны жай табушылық.*

**РАҚАТТЫ** сын. *Ләззаты мол, қуанышқа толы.*

**РАҚАТТЫҚ** зат діни. *Жантәсілім етердегі жеңілдеушілік.*

**РАҚМЕТ** [ар. رحمة] зат. *Ілтипат білдіріп айтылатын ризалық алғыс.* **Рақмет айтты**. *Алғыс айтты, ризалығын білдірді.*

**РАҚЫ** [ар. رخى]: **рақы жастық.** *Тысы құрақтан әшекейленіп құрастырылған жастық.*

**РАҚЫМ** [ар. رحيم] зат. **1.** *Алла Тағаладан алатын кешірім, мейірім, шапағат.* **2.** *Көмек, қайырым.*

**Рақым айдады.** *Рақым жасады, көмектесті.* **Рақым айтты**. *Жанашыр тілек білдірді.* **Рақым етті.** *Мархабат етті, қайырымдылық жасады.* **Рақымға шөлдеді**. бейн. *Көмек күтті, мейірімге зар болды.* **Рақым күйі.** окказ. *Мейірім, шапағат.* **Рақым қылды.** *Мейірі түсті, кешірім берді.* **Рақымнан үмітті.** *Қайырымынан дәмеленді.* **Рақым шақат [шапхат] жоқ.** *Мейірім, қайырым, бейіл жоқ.* **Рақымы түсті.** *Мейірімін төкті, мейірленді, көмегін берді.* **Рақым іздеді**. *Қайырым күтті.* **Рақым етті.** а) *Мейірі түсіп, жанашырлық етті.* ә) *Мархабат етті.*

**РАҚЫМДЫ** сын. *Мейірімді, рақымшыл, шапағатты, қайырымшыл.*

**РАҚЫМДЫҚ** зат. *Қайырымдық, мейірімдік.*

**РАҚЫМДЫЛЫҚ** зат. *Мейірімділік, қайырымдылық, жаны ашушылық.*

**РАҚЫМСЫЗ** сын. *Өте қатал, мейірімсіз, тасбауыр.*

**РАҚЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Қаталдық, мейірімсіздік, тасбауырлық, қайырымсыздық.*

**РАҚЫМШЫЛ** сын. *Мейірбанды, қайырымшыл, рақымды.*

**РАҚЫМШЫЛДЫҚ** зат. *Қайырымы молдық, мейірімшілдік.*

**РАҚЫМШЫЛЫҚ** зат. *Қайырымдылық, мейірімшілдік, рақымдылық.*

**РАЛЛИ** зат. спорт. *Арнайы дайындалған сериялы автокөлік пен мотоциклдер жүргізушілерінің көлікті жүргізу және арақашықтықты асқан дәлділікпен сақтау өнеріне қатысты көпкүндік спорттық жарыс.*

**РАМА** зат. *Төрт қырлы жұқа тақтайшалардан төрт бұрышты етіп жасалатын, түрлі мақсаттағы жақтау.*

**РАМАДАН** зат. діни. сөйл. ***Рамазан.***

**РАМАЗАН** [ар. رمضان] зат. діни. *Мұсылмандардың ай есебі бойынша тоғызыншы айы, адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай, қасиетті Ораза айы.*

**Рамазан айы.** діни. *Діни сенім бойынша Мұхаммед пайғамбарға (ғ.с.) алғаш Құран аяттары түсіріліп, пайғамбарлығы аян болған, мұсылмандар ерекше қадірлеп, ораза ұстайтын ай.* **Рамазан батасы.** этн. діни. *Үш күндік ораза айтта құлшылық қабыл болсын деген мағынада айтылатын ерекше рәсімді тілек, байырғы батаның бір түрі.*

**РАМАЛ** [ар. رمل] зат. көне. **1.** *Құм (тастың майда бөлшектері), қиыршық, құмдақ жер.* **2.** *Құмға, майда тасқа бал ашу.*

**РАМАЛЫ** сын. *Рамасы бар, шеті ағашпен жиектелген.*

**РАМАПИТЕКТЕР** зат. зоол. *Адамтектес маймылдардың жойылып кеткен туысы.*

**РАМАТ** зат. көне. *Төңкерістен бұрын үй басынан алынатын шаңырақ салығы, түтін салығы.*

**РАМАТ-ШЫҒЫН** зат. көне. ***Рамат.***

**РАМБУЛЬЕ** зат. қойшар. *Қойдың жүні әрі қалың, әрі биязы және етті тұқымы.*

**РАМБУРС** зат. экон. **1.** *Халықаралық саудада сатып алынған тауарды банк арқылы төлеу.* **2.** *Берешекті үшінші тұлға арқылы төлеу.*

**РАМБУРСТАУ** зат. экон. *Борышты, шығынды өтеу.*

**РАМИ** зат. өс. *Талшық беретін көпжылдық өсімдік.*

**РАМЛ** зат. көне. *Құм*

**РАММАЛ** зат. көне. *Құммен бал ашушы.*

**РАМПА** [франц. rampe] зат. театр. *Сахнаға жарық түсіретін электр шамдарын жасырып тұратын қалқа.*

**РАМФОРИНХТЕР** зат. зоол. <нем. Rhamphorhynchus> *Денесін қыл тәріздес жүн жапқан, ұзындығы 50 см-дей, бас сауыты созылыңқы (ұзындығы 3,5–20 см), көз шарасы дөңгелек, үлкен, самай шұңқырлары кішкентай ұшқыш кесірткелердің бір отряды.*

**РАНГ**$^{1}$ [нем. Rang] зат. әск. *Арнайы берілетін атақ, әскери дәреже.*

**РАНГ**$^{2}$ зат. мат. *Матрица минорларының нөлден өзгеше ең жоғарғы реті.*

**РАНД** зат. экон. *Оңтүстік Африка Республикасының ақша өлшемі, 100 центке тең*

**РАНЕТКА** [франц. reinette] зат. өс. *Ұсақ жемісті алма сорты.*

**РАНЖУ** зат. көне. *Өкпе, реніш, қайғы.*

**РАННЕР** зат. экон. *Операциялық залда жұмыс істеу үшін биржа тіркеген, сенім жүктелген қызметші.*

**РАН-ОФФ** зат. экон. *Сақтандырушы жаңа сақтандыру шартына қол қоймайтын, бірақ оның міндеттемелері қол қойылған , әлі күші бар шартқа сәйкес күшін сақтайтын жағдайда қолданылатын термин.*

**РАНТЬЕ** зат. экон. *Несиеге берілген ақша капиталынан немесе бағалы қағаздардан түскен табыспен күн көретін адамдар.*

**РАНУЛА** [лат. ranula] зат. вет. *Кішкентай көлбақа.*

**РАҢ** зат. өс. <лат. corax physodes> *Көктемнің басында қар суымен шығатын, бойы аласа майда шөп.*

**РАҢДЫ** сын. *Раң шөбі өскен, раң шөбі бар.*

**РАҢОТЫ** зат. өс. сөйл. ***Раң.***

**РАПА** зат. *Тұзды сулы табиғи және жасанды суқоймалардағы қаныққан су ерітіндісі.*

**РАПАКИВИ** зат. геол. *Жасыл олигоклазбен көмкерілген жұмырланған калийлі дала шпаттарынан тұратын бөлінулері бар граниттің бір түрі, қаптама тас.*

**РАПИДОГЕНДЕР** зат. хим. *Германияда шығарылатын азотолдар мен диазо-аминоқосылыстар қоспаларының саудадағы атауы.*

**РАПИДОЗОЛЬДАР** зат. хим. *Азотолдар мен диазосульфонаттар қоспаларының шетелде қабылданған саудадағы атауы, маталардың бетіне әріптерді басуға қолданады.*

**РАПИДТЕР** зат. хим. Диазотолдар.

**РАПОРТ** [франц. rapport] зат. **1.** совет. тар. *Міндетті жұмыстың біткені жөнінде жоғары орынға яки бастыққа жазбаша немесе ауызша тапсырылатын мәлімдеме.* **2.** әск. *Әскери қызметшілердің әскери шені жоғары бастықтарына ауызша не жазбаша ресми баяндауы.*

**Рапорт түсірді.** *Қызметіне зияны тиетіндей, жағымсыз жайды баяндап жазды.*

**РАПС** [нем. Raps] зат. өс. *Майлы әрі азықтық дақылдарға жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**РАПСОД** зат. әдеб. *Эпикалық жырларды, әсіресе Гомер жырларын кәсіби орындайтын көшпенді әнші-ақындар.*

**РАПСОДИЯ** [грек. rhapsōdia] зат. муз. *Халық ән-билерінің тақырыбы негізінде жазылған фантазиялық шығарма.*

**РАРИТЕТ** [нем. Rarität] зат. кіт. *Сирек кездесетін құнды зат.*

**РАС** [ар. راست] зат. *Өтірік емес; ақиқат, шындық; дұрыс, тура, оң. // Шыным, шын айтамын деген мағынадағы модаль сөз.*

**Рас сөз.** *Шындық, ақиқат.* **Расқа шығару**. *Шындық екенін дәлелдеу, мойындату.* **Рас па, өтірік пе.** сөйл. *Жалған ба, шын ба – белгісіз.*

**РАСА** [франц. race] зат. *Нәсіл (түр-түсі, пішін-тұлғасы, бас сүйегінің формасы сияқты кейбір сыртқы белгілерімен бір антропологиялық түрге жататын, шығу тегі бір географиялық ареалда таралған адамзаттың тарихи қалыптасқан тобы).*

**РАСИЗМ** зат. саяси-әлеум. *Адам баласы нәсілдері тұысынан біреулері асыл, біреулері төмен болып жаратылады дейтін адамгершілікке жат, ғылымнан алшақ теория.*

**РАСИСТ** зат. *Нәсілшіл, расашыл.*

**РАС-ӨТІРІК** зат. *Ақиқат-жалғандық, шындық-қателік.*

**РАСПАТОР** [лат. raspatorium] зат. вет. *Сүйек тысын сүйектен ажырату үшін қолданылатын хирургиялық құрал (дар).*

**РАССОЛЬНИК** зат. тамақ. *Сорпаға тұзды қияр тураған, ет я шұжық салынған қышқылтым сұйық тамақ.*

**РАСТА=** ет. *Бір нәрсенің шындығын, дұрыстығын қуаттау, дәлелдеу; куәгер болу.*

**РАСТАЛ=** ет. *Шындық екені белгілі болу, қуатталу.*

**РАСТАЛҒАН: расталған қорлар.** геол. *Кенорнының өлшенген қорлары мен білгіленген қорларының қосындысы.*

**РАСТАЛУ** *Растал етістігінің қимыл атауы.*

**РАСТАМА** зат. *Бір нәрсенің шындығын, дұрыстығын білдіретін дәлелдеме, кепілдеме, куәлік.*

**РАСТАТ=** ет. *Дәлелдеу, шындыққа шығару.*

**РАСТАТТЫР=** ет. *Бекіту, куәгер болу, шындыққа шығарту.*

**РАСТАТТЫРУ** *Растаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**РАСТАТУ** *Растат етістігінің қимыл атауы.*

**РАСТАУ** *Раста етістігінің қимыл атауы.*

**РАСТР: растр нүктесі.** инф. *Растрлық графикада түсін және айқындығын басқа бейнеден тәуелсіз жеткізуге болатын бейненің ең кіші бірлігі.*

**РАСТРЛЫҚ: растрлық графика.** инф. <ағыл. raster (image) graphics>. *Кескін нүктелердің екі өлшемді жиым түрінде (растрлық элементтер) берілетін машиналық графика.*

**РАСТЫҚ** зат. *Ақиқаттық, шындық, дұрыстық, туралық.*

**РАСУЛ** [ар. رسول – елші] зат. діни. *Ислам дәстүрінде Алла тарапынан таңдап алынған, өкіл және дінге шақыру, дағуат қылу міндеті тапсырылған, Құдай кітабы түсірілген пайғамбар.*

**РАСУЛУЛЛАҺ** зат. діни. *Алла тағаланың елшісі, пайғамбар.*

**РАСЫМЕН** үст. *Шынымен, шындығында да.*

**РАСЫНДА** үст. *Шынында, ақиқатында, асылында.*

**РАТИФИКАЦИЯ** [лат. ratificatio] зат. саяси. *Белгілі бір халықаралық шартты жоғарғы өкімет органының бекітіп, оған заңды күш беруі.*

**РАТИФИКАЦИЯЛА=** ет. *Мемлекеттер арасында жасалған шартты жоғарғы өкімет орындарының бекітуі.*

**РАТИФИКАЦИЯЛАУ** *Ратификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**РАТИЦИД** [ франц, rat – егеуқұйрық, лат – caedere – өлтіремін ] зат. вет. *Егеуқұйрық өлтіргіш заттар.*

**РАУА** [ар. روا] зат. *Орынды, лайықты, жөн.*

**РАУАҒАШ** зат. сөйл. ***Рауғаш.***

**РАУАЖ** [ар. رواج] зат. ескікіт. *Сырт көрініс, жақсы сипат.*

**РАУАЙАТ** зат. *Әңгіме айтушы, ертегіші.*

**РАУАИ** [ар. راوی] зат. **1.** *Хикая ететін, суреттейтін әңгіме.* **2.** *Шығыс әдебиетіндегі роман жазушы, драматург.*

**РАУАН**[1] [ир. روان] зат. *Құлан иектеніп, бозарып келе жатқан таң; жарық, сәуле.*

**РАУАН**[2] [ир. روان]: **рауан жол.** *Кедергісіз, ашық жол.*

**РАУАНА** зат. *Тең, пара-пар.*

**РАУАНДА=** ет. *Таң бозарып ата бастау, қыланңдау, бозғыл тарту.*

**РАУАНДАУ** *Рауанда етістігінің қимыл атауы.*

**РАУАНДЫ** сын. *Жарық, нұрлы.*

**РАУАШ** зат. сөйл. ***Рауғаш.***

**РАУАЯТ** [ар. رواية] зат. **1.** *Нақыл сөз, насихат.* **2.** *Әңгіме, повесть, роман; ертегі, аңыз.*

**РАУҒА** зат. ескі кіт. *Қолайлы, ыңғайлы.*

**РАУҒАН** зат. өс. *Қышқыл дәмді, сабағы жіңішке, түбі қызыл биіктігі 20 см рауғашқа ұқсайтын шөп.*

**РАУҒАШ** зат. өс. <лат. rheum> *Ірі жапырақты, сабағының дәмі қымыздыққа ұқсайтын қышқыл, көбінесе тауда өсетін көпжылдық өсімдік.*

**РАУЗА** зат. ескі кіт. *Мекен.*

**РАУНД** [ағыл. round] зат. спорт. *Бокс рингінде жұдырықтасып сайысуға берілетін белгілі уақыт мерзімі.*

**РАУНД-ЛОТ** зат. экон. *Белгілі бір бағалы қағаз үшін сауда өлшемінің стандарттық ең аз мөлшері.*

**РАУНД-ТЕРН** зат. экон. *Ұзын не қысқа жайғасымды кері операция жолымен жою тәртібі.*

**РАУХТОПАЗ** зат. геол. *Сұрғылт кварц, сұрғылт топаз.*

**РАУШАН**[1] [ир. روشن] зат. өс. ***Раушангүл.*** *Әдемі ашық түсті ал қызыл гүл.*

**Раушан болды.** *Гүл-гүл жайнады.* **Раушан жүз**. *Әдемі, сұлу, келбетті.* **Раушан нұр.** *Сұлу жүз.*

**РАУШАН**[2] сын. *Анық, ашық.*

**РАУШАН**[3] зат. ескі кіт. *Жарық*

**РАУШАНГҮЛ** зат. өс. <лат. roza> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын биіктігі 10– 15 см, сабағы тікенекті, жапырағы қалың, гүлі ірі, хош иісті, қызыл, қызғылт, ақ, сары сәндік бұталар туысы.*

**Раушангүл тұқымдасы.** өс. <лат. rosaceae> *Қос жарнақтыларға жататын бұта, ағаш тәріздес бір не екі жылдық өсімдіктер.*

**РАУШАНДАЙ** сын. *Раушан гүліне ұқсас; сұлу, көрікті.*

**РАУШАНДАН=** ет. *Әдемілену, көркі асу.*

**РАУШАН-ДИАГРАММА** зат. геол. *Қиғаш қабатшалардың, ағыс иірімдері үймектерінің, таужыныстардағы бағдарланған кірікпелердің немесе сынықты түйірлердің, жарықшақтардың және т.б. құлау азимуттарының өлшемдерін бейнелейтін график.*

**РАУЫШ** зат. ескі кіт. *Тәсіл, әрекет*

**РАФАКЦИЯ** зат. экон. *Шегерім.*

**РАФИНАД** [франц. raffinade] зат. **1.** тамақ. *Тазаланған шақпақ қант.* **2.** кен. *Сұйықтан шайғындау әдісімен бөлініп алынғанерітінділер.*

**РАФИНАЦИЯ** [франц. raffiner] зат. *Тамақ өнімдерін (спирт, өсімдік майлары және т.б.) қоспалардан тазалау; гидратация, қышқылмен өңдеу, сілтілермен бейтараптандыру, дезодорация және т.б.*

**РАФИНАЦИЯЛА=** ет. *Тазартылмаған заттарды олардың құрамындағы бөгде қоспалардан ажырату, айыру, аршу.*

**РАФИНАЦИЯЛАУ** *Рафинацияла етістігінің қимыл атауы.*

**РАФТ** зат. спорт. *Түрі қайыққа ұқсас, үлкен үрілген салы.*

**РАФТИНГ** зат. спорт. *Арнайы үрмелі салымен тасқынды тау өзенімен жүзіп жарысатын спорт түрі.*

**РАХАТ** зат. ***Рақат.***

**Рахат көрсетті.** *Жақсылық, қызық көрсетті.* **Рахатқа батты.** *Жан тыныштығына, жан қызығына бөленді, қызық дәурен кешті; рақаттанды.* **Рахат іздеді**. *Жанға жайлы, тыныш өмір тіледі.*

**РАХАТ-ЛУКУМ** зат. тамақ. *Крахмалдан, ұннан, жеміс шырындарынан, бадам және т.б. жаңғақтар мен қанттан дайындалатын шығыстың тәтті тағамы.*

**РАХИТ** [грек. rhachis] зат. мед. ***Мешел*** *(жас балалардың сүйегіне витаминнің жетпеуінен болатын ауру).*

**РАХМАН** зат. діни. *Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.* **Рахман Алла.** діни. *Алланың бір аты.*

**РАХМЕТ** зат. ***Рақмет.***

**Рақмет [ризашылық] жаудырды.** *Үсті-үстіне рақмет айтты.* **Рақмет жаусын.** *Алғысқа, ілтипатқа ие бол деген мағынада.*

**РАЦЕМАТТАР** зат. хим. *Оптикалық белсенділігі жоқ, эквимолекула мөлшерлі энантиомерлер қоспасы.*

**РАЦЕМИЗАЦИЯ** зат. хим. *Энантиомерден рацематтың түзілуі.*

**РАЦИОН** [лат. ratio] зат. *Адамға я малға белгілі мерзімге берілетін азықтың мөлшері мен құрамы.*

**РАЦИОНАЛ** сын. мат. *Бүтін және бөлшек, оң және теріс (сандар).*

**Рационал бөлшектер**. мат. *Бүтін және бөлшек, оң және теріс бөлшектер.* **Рационал сан**. мат. *Нөлден өзгеше бір-біріне бөлуге болатын сан және бөлгенде шыққан нәтиже.* **Рационал функция.** мат. *Х айнымалысы мен тұрақты шамаларға саны шекті арифметикалық амалдарды (қосу, азайту, көбейту, бөлу) қолданғаннан пайда болған функция.*

**РАЦИОНАЛДА=** ет. *Өндіріс барысын жақсарту, өнімді ету, жетілдіру, тиімді қылу.*

**РАЦИОНАЛДАУ** *Рационалда етістігінің қимыл атауы.*

**РАЦИОНАЛДЫ** сын. *Пайдалы, орынды, тиімді.*

**РАЦИОНАЛДЫҚ** сын. *Пайдалы, тиімді.*

**РАЦИОНАЛИЗАТОР** зат. *Өндіріс барысын жақсартумен шұғылданатын адам, жаңашыл.*

**РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ** сын. *Түрлі әдісті қолданып, жұмыстың сапасын жақсартушылық, жаңашылдық.*

**РАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛА=** ет. *Өндіріс орнындағы жұмыс процестерін жетілдіре, жақсарта түсу.*

**РАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ** *Рационализацияла етістігінің қимыл атауы.*

**РАЦИОНАЛИЗМ** [лат. rationalis] зат. **1.** филос. *Ойлауды сезім қабылдауынан айырып қарап, танымның бірден-бір бұлағы ақыл деп есептейтін философиялық бағыт.* **2.** сәулет. *Қазіргі ғылым мен техника жетістіктерін жүйелі түрде меңгере отырып, бейнелеу өнеріндегі жаңа ағымдар әкелген пошым тудыру принциптерін архитектурада қолданатын бағыт.*

**РАЦИОНАЛИСТ** зат. *Рационализмді жақтаушы адам.*

**РАЦИЯ** зат. сөйл. *Радиостансы деген сөздің қысқарған түрі.*

**РӘД** зат. ескікіт. *Қарсылық.*

**РӘКӘҒАТ** [ар. ركعة] зат. діни. *Намаз оқығанда өтелетін діннің шарты, құлшылық етушінің маңдайын жерге (сәждаға) тигізуі арқылы отырып-тұруды қайталау міндеті.*

**РӘМІЗ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір адамдар тобы үшін шартты мағынасы бар заттай белгі.* **2.** <грек. symbolon> *Айрықша қызметі бар, таңбалардың ерекше түрі.*

**Мемлекеттік рәміз.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттің бірлігін білдіретін және ресми, салтанатты жағдайда қолданылатын ту, елтаңба, әнұран тәрізді айрықша таңбалар.*

**РӘМІЗ**[2] зат. ескікіт. *Құпия, айла.*

**РӘМІЗДЕМЕ** зат. *Символ, астарлы бейне.*

**РӘМІЗДІ** сын. *Символды, рәміз ғана болатын.*

**РӘМІЗДІК** сын. *Астарлы, нәзік.*

**РӘНЖІ** зат. ескікіт. *Қайғы, дерт.*

**РӘПАТ** [ар. رافة] сын. *Пішін, өң, кейіп.*

**РӘПИЯ** зат. өс. *Теңіз шөбі.*

**РӘСМИ** сын. сөйл. ***Ресми.***

**РӘСУА** [ар. رسوا] зат. *Орынсыз шашылып-төгілу; ысырап, шығын. // Босқа, текке, қараптан-қарап.*

**Рәсуа болды**. а) *Босқа шашылды, ысырап болды.* б) *Аяқасты болды, жарамсыз болды.* **Рәсуа ету.** *Шығындау, босқа шашу.* **Рәсуа қылды**. а) *Масқаралады, абыройынан айырды, қорлады.* ә) *Ысырап етті, босқа шашты.* **Рәсуасы шықты**. *Берекесі кетті.*

**РӘСУАЛА=** ет. *Ысырап қылу, төгіп шашу, шығын жасау.*

**РӘСУАЛАН=** ет. *Босқа шығындалу, текке қалу.*

**РӘСУАЛАНУ** *Рәсуалан етістігінің қимыл атауы.*

**РӘСУАЛАТ=** ет. *Шашқызу, босқа төктіру.*

**РӘСУАЛАТУ** *Рәсуалат етістігінің қимыл атауы.*

**РӘСУАЛАУ** *Рәсуала етістігінің қимыл атауы; қорлау.*

**РӘСУАЛЫҚ** зат. *Ысырап еткендік, ысыраптық.*

**РӘСУАСЫЗ** сын. *Ысырапсыз, рәсуа етпей, артық шығынсыз.*

**РӘСУАШЫЛ** сын. *Ысырапқа жол бергіш.*

**РӘСІМ**[1] [ар. رسم] зат. [лат. caerimonia] **1.** *Салт, әдет-ғұрып, дәстүр.* **2.** <лат. ritualis> *Белгілі бір әрекетті жария етіп жасаудың қалыптасқан, қоғам түзген тәртібі.*

**РӘСІМ**[2] зат. ескікіт. *Сурет, портрет.*

**РӘСІМДЕ=** ет. *Белгілі бір құжатты заңды күшіне ендіру, заңды ету.*

**РӘСІМДЕЙ** сын. *Рәсім сияқты, рәсім тәрізді.*

**РӘСІМДЕЛ=** ет. *Белгілі бір әрекеттің заң күшіне енуі, заңды болып табылуы үшін бекітілуі.*

**РӘСІМ-ЗАҢ** зат. көне. *Салт, дәстүр, әдетғұрып.*

**РӘСІМДЕУ** *Рәсімде етістігінің қимыл атауы; белгілі бір әрекеттің заң күшіне ендірілуі.*

**РӘСІМДЕУСІЗ** үст. *Рәсімдемей, заңсыз.*

**РӘСІМДІ** сын. *Рәсімге сай.*

**РӘСІМДІК** сын. *Салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық.*

**РӘТ** зат. ескікіт. *Қызық, қуаныш.*

**РӘУАЯТ** зат. көне. ***Рауаят.***

**РӘУӘТ** зат. жерг. ***Рәсім, әдет.***

**РӘУӘЯТ** зат. сөйл. ***Рауаят.***

**РӘУІШ**[1] зат. *Сипат, рең, түр.*

**РӘУІШ**[2] зат. ескі кіт. *Тәсіл, әрекет.*

**РӘУІШТЕС** сын. *Сипаттас, тәріздес, ұқсас.*

**РӘУІШТІ** сын. *Сипатты, сияқты, тәрізді.*

**РДУАН** зат. сөйл. *Ырдуан, үстінде шанақ жақтауы бар шарбақ қорапты үлкен арба.*

**РЕАБИЛИТАЦИЯ** [лат. rehabilitate] зат. **1.** ***Ақтау*** *(сотталушыға кінәсіз тағылған айыпкінәні жоққа шығару, абыройды қайтарып алу, құқығын толық қалпына келтіру).* **2.** мед. *Сауықтыру.*

**РЕАБИЛИТАЦИЯЛЫҚ** сын. *Созылмалы және ұзақ аурулардан кейінгі денсаулықты қалпына келтіретін, оңдайтын.*

**РЕАГЕНТ** [лат. reagentis] зат. хим. *Химиялық реакцияға қатысатын заттек.*

**РЕАГИН** зат. мед. *Тірі ағзада түзілетін және белгілі бір дәрежеде оның аллергиялық реакциясының ерекшелігін анықтайтын антителдердің бірі.*

**РЕАКАНТТАР** зат. хим. *Реакцияның реагенттері мен өнімдерінің жалпы атауы.*

**РЕАКТПЛАСТАР** зат. хим. *Қатаятын олигамерлер негізіндегі пластмассалар.*

**РЕАКТИВ** зат. хим. *Басқа бір затқа қосқанда химиялық реакция туғызып, бастапқы затты сол құрамынан табуға мүмкіндік беретін зат.*

**РЕАКТИВТІ** сын. техн. *Сатылап шығатын газдың серпуімен қозғалатын түрі.*

**Реактивті тікұшақ**. *Көтергіш қалағының айналуы, сол қалақта орнатылған кішігірім реактивті қозғалтқыштар немесе реактивті сопполармен іске асырылатын реактивтік тартқышы бар тікұшақ.*

**РЕАКТИВТІК** сын. сөйл. ***Реактивті.***

**Реактивтік қару.** әск. *Қозғалтқыштың реактивтік тартылысы есебінен нысанаға жою құралдары жіберілетін қару түрі.*

**РЕАКТОР** [франц. rèacteur] зат. хим. *Әртүрлі типтегі химиялық реакциялар негізінде жұмыс істейтін қондырғы.*

**РЕАКТОРЛЫҚ** сын. *Реакторға тән, реакторға қатысты.*

**РЕАКЦИОНЕР** [франц. rèactionnaire] зат. *Алдыңғы қатарлы, прогресшіл нәрсенің бәріне жау, кертартпа адам.*

**РЕАКЦИЯ**[1] [лат. re – қарсы, actio – іс-әрекет] зат. **1.** физиол. *Организмнің сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге әр кезде беретін жауабы.* **2.** хим. *Зат құрамының химиялық әсерлестігі.* **3.** хим. *Бір заттардың бастапқы заттардан құрамы мен қасиеттері жағынан ерекше басқа бір заттарға айналуы.*

**Реакцияның жылдамдық константасы.** физ. *Реакциялаcқыш заттардың концентрациясы бірге тең болғанда реакция жылдамдығына тең болатын дифференциалдық кинетикалық теңдеудегі пропорционалдық коэффициенті.*

**РЕАКЦИЯ**[2] зат. саяси. *Күні бітуге айналған таптардың қоғамдық прогреске жасайтын қарсылығы.*

**РЕАКЦИЯЛЫҚ** сын. *Қоғамдық дамуға қарсы, кертартпалық.*

**РЕАКЦИЯШЫЛ** сын. *Кертартпа, қаскүнем.*

**РЕАЛДЫ** сын. **1.** *Іске асатын, шын, ақиқат.* **2.** *Іс жүзіндегі, нақтылы.*

**Реалды бағалау.** экон. *Құнсыздануды ескергенде анықтаған тауар құнының сандық көрсеткіші.*

**РЕАЛДЫҚ** сын. *Іске асатын, шындық.*

**РЕАЛДЫЛЫҚ** зат. *Ақиқатқа жататындық, шындыққа негізделгендік.*

**РЕАЛИЗМ** [лат. relis] зат. әдеб. *Әдебиет пен өнерде өмір құбылыстарын шынайы қалпында, нақтылық белгілерін сақтай отырып, жинақтап бейнелейтін көркемдік әдіс.*

**РЕАЛИСТ** зат. әдеб. *Реализмді жақтаушы.*

**РЕАЛИСТІК** сын. әдеб. *Реализмге тән.*

**РЕАЛИТИ-ШОУ** зат. *Белгілі жағдайлар шеңберінде қарастырылатын адамдардың шынайы өмірі мен қарым-қатынасы жазылған үзінділерден тұратын телевизиялық қойылым, бағдарлама.*

**РЕАЛЬГАР** [франц. realgar] зат. геол. *Сульфидтер класына жататын минерал.*

**РЕАНИМАТОЛОГ** зат. мед. *Жансақтау бөлімінің дәрігері.*

**РЕАНИМАТОЛОГИЯ** [лат. reanimare – тірілту, грек. logos – ілім] зат. мед. *Медицинаның адам организмінің өмірлік маңызды қызметінің баяулауы мен оны қайтадан қалпына келтірудің негізгі заңдылықтарын зерттейтін саласы.*

**РЕАНИМАЦИЯ** [лат. reanimatio] зат. мед. *Тыныс алу органдары, жүрек және орталық нерв жүйесінің баяулаған не жаңа тоқтаған жұмысын қалпына келтіру, организмді тірілту әрекеті жасалатын аурухананың бөлімі; жансақтау бөлімі.*

**РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ** сын. *Реанимацияға қатысты, соған тән.*

**РЕБАБ** зат. муз. **1.** *Мұсылмандардың шекті аспаптарының жиынтық атауы.* **2.** *Арабтардың ысқымен ойналатын шекті музыкалық аспабы.*

**РЕБАТ**[1] зат. сөйл. ***Рабат.***

**РЕБАТ**[2] зат. экон. *Шегерім, алдын-ала төлеу кезінде тауардың бағасынан шегеру; бөлшек сауда төлемін азайту.*

**РЕВАКЦИНАЦИЯ** [ лат. re – тағы да, жаңадан, лат. vaccinus – вакцина] зат. вет. *Қайталап вакцина егу.*

**РЕВАЛОРИЗАЦИЯ** зат. экон. *Қайта айырбастау, қағаз ақшаны алтынға атаулы құны бойынша қайта айырбастау.*

**РЕВАЛЬВАЦИЯ** [лат. re - тағы да, жаңадан, франц. valeo - қатыстылығы] зат. қаржы. *Ұлттық валютаның басқа елдердің валютасына қатысты бағамын көтеру.*

**РЕВАНШИЗМ** [франц. revanchisme] зат. саяси. *Соғыста жеңілгендердің кек қайтаруға құмарлығы, өшпенділік, кекшілдік.*

**РЕВАНШИСТ** зат. *Есесін қайтару саясатын жүргізуші, өш алушы, кекқұмар адам.*

**РЕВАНШИСТІК** сын. *Өш алуға құмартушылық, кек алушылық.*

**РЕВЕРС**[1] [лат. reversus] зат. қаржы. *Бір тұлғаның екінші тұлғаға берген жазбаша міндеттемесі; кепілге берілген вексельді сатып алатыны жөніндегі міндеттеме.*

**РЕВЕРС**[2] зат. экон. *Шақаның сыртқы беті.*

**РЕВЕЛСАЛ** зат. экон. *Акциялар мен тауарлардың фьючерстік нарығының дамуы бағытындағы өзгеріс, оны техникалық талдампаздар кесте түрінде ұсынады.*

**РЕВЕРСИЯ** [лат. reversio] зат. заң. **1.** *Азаматтық құқықты бастапқы (алғашқы) иегерге қайтарып беру.* **2.** *Аяқасты пайда болған міндеттемені қамтамасыз ету үшін ол өтелгеннен соң кері қайтарылатын, қандай да бір құндылықты кредиторға уақытша бере тұру.*

**РЕВЕРТАЗА** зат. хим. *ДНҚ синтезінде РНҚ матрицасына қатысатын фермент.*

**РЕВИЗИОНИЗМ** зат. тар. саяси. Марксизмнің негізгі қағидаларын қайта қарап, *бұрмалап теріске шығаруға және сол қағидаларды революцияға қайшы, ғылымға қарсы қағидалармен алмастыру арқылы марксизмді жоюға тырысқан, жұмысшылар қозғалысында марксизмге қарсы болған ағым.*

**РЕВИЗИОНИСТ** зат. тар. саяси. *Ревизионизмді жақтаушы, қолдаушы.*

**РЕВИЗИОНИСТІК** сын. *Ревизионизмді қолданушылық, соған тән.*

**РЕВИЗИЯ** зат. **1.** саяси. *Өзгерістер енгізу мақсатымен белгілі бір ілімді яки теорияны қайта қарау.* **2.** заң. ***Тексеріс*** *(белгілі бір мекеменің қаржы, кадр бөлігін заңға сәйкес әрекет етіп отырғанына тексеру жүргізу).*

**РЕВИЗИЯЛА=** ет. *Ревизия жасау, қайта қарау.*

**РЕВИЗИЯЛАУ** *Ревизияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕВИЗИЯЛЫҚ** сын. *Ревизияға тән.*

**РЕВИЗОР** зат. *Тексеру жұмысын жүргізуші адам, бақылаушы.*

**РЕВКОМ** зат. тар. саяси. *Революциялық комитет.*

**РЕВМАТИЗМ** [грек. rheu-matismos] зат. мед. ***Сарып*** *(дәнекер тіндерді, негізінен жүрек қантамыр жүйесі мен буындарды зақымдайтын ауру).*

**РЕВОКАЦИЯ** [лат. revocatio] зат. ***Пәрменсіздендіру.*** **1.** *Бұрынырақ шығарылған өкімді, тапсырманы бұзу, алып тастау.* **2.** *Елшіні немесе уәкілетті өкілді өз еліне шақырып алу.* **3.** *Құқықта берілген чекті жою, жоққа шығару жөніндегі чек берушінің ұсынысы.*

**РЕВОЛЮЦИОНАРИЗМ** зат. қоғ. саяси. *Төңкерісшілдік.*

**РЕВОЛЮЦИОНЕР** [франц. revolutionnaire] зат. тар. *Революция ісіне жан-тәнімен берілген адам, революцияны жақтаушы, төңкерісші.*

**РЕВОЛЮЦИОНЕР-ДЕМОКРАТ** зат. тар. *Демократияны жақтаушы революциялық қозғалыстың өкілі.*

**РЕВОЛЮЦИОНЕРЛІК** сын. *Революционерге лайық, соған тән.*

**РЕВОЛЮЦИЯ** [франц. revolution] зат. **1.** ***Төңкеріс*** *(Дәурені өткен қоғамдық және саяси құрылысты жоюға және жаңа прогрестік қоғам орнатуға әкеліп жеткізетін, түбірлі өзгеріс жасауға ұмтылатын қарулы көтеріліс).* **2.** ауыс. *Прогрессивті дамуға ықпал жасайтын әрекет.*

**РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ** сын. *Революцияға қатысы бар, соған тән.*

**РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ** сын. совет. **1.** *Революция жолын қуған, төңкерісшіл.* **2.** ауыс. *Бетбұрыс жасаушы, бастамашыл.*

**РЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ** зат. совет. *Революция жолын қуушылық, төңкерісшілдік.*

**РЕГАТА** [итал. regata] зат. *Итальяндықтардың ұлттық мерекесі.*

**РЕГБИ** [ағыл. rugby] зат. спорт. *Ойыншылар бір-біріне допты аяқ-қолымен беріп ойнайтын командалық ойын.*

**РЕГЕНЕРАТОР** [лат. regenerare] зат. физ. *Беттік жылу алмасу үдерісін жүзеге асыратын аппарат.*

**РЕГЕНЕРАЦИЯ** [лат. regeneatio] зат. **1.** тех. *Пайдаланылған өндіріс бұйымдарын белгілі операциялар арқылы өндіріс үдерісінің бастапқы бұйымдарына айналдыру ісі.* **2.** биол. *Дене мүшелерінің жойылған бөлшектері жасушаларының қалпына келу құбылысы.*

**РЕГЕНЕРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Регенерацияға тән, соған қатысты.*

**РЕГИОН** [ағыл. region] зат. *Аймақ, белгілі бір елге, облысқа я бірнеше мемлекетке тиісті жер.*

**РЕГИОНАЛДЫҚ** [лат. regionalis] сын. ***Аймақтық*** *(белгілі бір елге, облысқа я бірнеше мемлекетке қатысы бар).*

**РЕГИПОТЕКАЦИЯ** зат. экон. *Бағалы қағаздар делдалының делдалдық қарызды қамтамасыз ету үшін клиенттің банкідегі маржалық шотына кепілсалым салуы.*

**РЕГИСТР** [нем. Register] зат. **1.** *Бухгалтерлік есеп пен іс жүргізуде кеңінен қолданылатын тізім.* **2.** муз. *Музыкалық аспап немесе әнші дауысының белгілі бір биіктікте орналасқан дыбыс диапазонының бөлігі.*

**РЕГИСТРАТОР** [нем. Registrator] зат. *Тіркеуші мекемеге келген кісілерді тіркеп жазып отыратын қызметкер.*

**РЕГИСТРАТОРЛЫҚ** сын. *Қағазға тіркеушілік, тізімдеушілік.*

**РЕГЛАМЕНТ** [франц. reglement] зат. **1.** ресми. *Мәжілісті жүргізудегі келісілген уақыт мөлшері, жүргізу тәртібі.* **2.** *Қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін ереже.* **3.** *Халықаралық конгрестердің актілері.*

**РЕГЛАМЕНТТЕУ** [франц. reglementer] зат. құқық. *Құқықтық қарым-қатынастарға қатысушыларға дәйекті заңдық құқылары мен міндеттерін беру арқылы құқықтық ұйымдастыру тәсілі.*

**РЕГЛАМЕНТТЕУШІ** зат. *Реттеуші, тізімдеуші.*

**РЕГРЕСС** [лат. regressus] зат. *Дамудың кері кетіп құлдырауы, кері шегінушілік, кері шегініс.*

**РЕГРЕССАНТ** зат. экон. *Кері талап қоюшы.*

**РЕГРЕССАТ** зат. экон. *Кері талап қойылушы.*

**РЕГРЕССО** зат. экон. *Кері талап.*

**РЕГРЕССИВТІ** сын. ***Регрестік.***

**Регрессивті талап.** ***Регрестік талап.***

**РЕГРЕСТІК** сын. *Регреске тән, кері кетуші.*

**Регрестік талап.** заң. *Азаматтық құқық пен істе борышкердің кінәсінен үшінші тұлғаға төленген ақшалай сомасын (немес басқалай мүліктік қазынасын) кері қайтару туралы кредитордың талабы.*

**РЕГУЛЯТОР** [лат. regulare] зат. тех. *Реттеуші тетік.*

**РЕГУРГИТАЦИЯ** зат. *Жұтыну қабілетінің бұзылуы салдарынан ауызға түскен азықтың өңештен жұтқыншақ пен танауға кері оралуы.*

**РЕДАКТОР** [лат. redactus] зат. *Баспада, радиохабар мен телевизияда мәтінді әдеби тілдің стильдік нормаларына түсіріп өңдеуші, қоғамдық-саяси бағытқа сай етіп сараптаушы қызметкер, газет-журнал редакциясының басшы қызметкері.*

**РЕДАКТОРЛЫҚ** зат. *Редактор болушылық, редакция ісімен шұғылданушылық.*

**РЕДАКЦИЯ** [франц. redaction] зат. **1.** баспа. *Кітап, газет, журналдарды, басқа да баспа материалдарын өндіріске әзірлейтін ұжым, мекеме.* **2.** *Редакторлық ұжым орналасқан үй.*

**Редакция алқасы.** *Кітап, газет-журнал шығарушылардың жауапты тобы, шығармашылық топ.*

**РЕДАКЦИЯЛА=** ет. *Авторлық шығарманы баспасөзде, радиода, телевизияда жариялауға әзірлеу, түзетіп жөндеу, өңдеу.*

**РЕДАКЦИЯЛАН=** ет. *Авторлық шығарманың өңделуі, түзетілуі.*

**РЕДАКЦИЯЛАНУ** *Редакциялан етістігінің қимыл атауы.*

**РЕДАКЦИЯЛАУ** *Редакцияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ** сын. *Редакцияға қатысы бар, соған тән.*

**Редакциялық алқа.** сөйл. *Редакция алқасы.*

**РЕДЕЗИНТЕРМЕДИАЦИЯ** зат. экон. *Делдалдарды іске тарту.*

**РЕДЕМАРКАЦИЯ** зат. *Мемлекеттік шекарадағы шекара белгілерін қалпына келтіру.*

**РЕДЕМПЦИЯ** зат. экон. *Редемпция борышқорлық бағалы қағаздар не артықшылықты акциялар шығарылымын атаулы күні бойынша төлем мерзімі басталғанаға дейін не басталған бойда сатып алу.*

**РЕДИА** зат. вет. *Асқазаны әбден дамыған, өздігінен қоректеніп, жылжи алатын балапан құрт.*

**РЕДИФ** зат. әдеб. *Таяу және Орта Шығыс поэзиясындағы өлең жолдарының ұйқасынан кейін қайталанып отыратын бір немесе бірнеше сөз.*

**РЕДИЯ** зат. *Термато̆дтардың екінші дернәсілдік кезеңі.*

**РЕДКОЛЛЕГИЯ** зат. *Редакция алқасы, газеттер мен журналдарды, кітаптарды шығару қызметін ұжым болып басқару органы.*

**РЕДОКСМЕТРИЯ** зат. хим. *Тотығу-тотықсыздану реакцияларының қолданылуына негізделген титриметрлік талдау әдістерінің тобы.*

**РЕДУКТОМЕТРИЯ** зат. хим. *Титрант ретінде тотықсыздандырғыш ерітінділері қолданылатын титриметриялық талдау әдісі.*

**РЕДУКТОР** зат. хим. **1.** *Газ, бу немесе сұйықтың қысымдарын тұрақты қалыпты ұстауға және төмендетуге арналған қондырғы.* **2.** *Талдаулық химияда қолданылатын тотықсыздандырғыштармен толтырылған колонка.*

**РЕДУКЦИЯ** [лат. reductio] зат. **1.** биол. *Дене мүшелерінің күрделіліктен қарапайым түрге қарай дамуы, шөгуі.* **2.** [лат. redustio] лингв. *Екпінсіз дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуы, буын түрлерінің айтылу сазына қарай дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі.*

**Редукциялық клапан.** тех. *Қысымды төмендету немесе тұрақты ұстау үшін қолданылатын клапан.*

**РЕДУКЦИЯЛАН=** ет. терм. *Редукцияға ұшырау; кішірею, шөгу.*

**РЕДУКЦИЯЛАНУ** *Редукциялан етістігінің қимыл атауы.*

**РЕДУКЦИЯЛЫҚ** сын. *Редукцияға қатысты.*

**РЕДУЦЕНТТЕР** зат. *Өлі органикалық заттарды қорек ретінде пайдаланып, оларды қарапайым заттарға айналдыратын немесе минерализация процесіне ұшырататын организмдер; деструкторлар.*

**РЕДУСКАУНТ** зат. экон. *Банкіде дисконтталған қысқа мерзімді борышқорлық құжат.*

**РЕЖИССЕР** [франц. regisseur] зат. өнер. *Драмалық немесе музыкалық шығарманы қоятын, көркем фильмдерді түсіретін театр, кино қызметкері, көркемдік жағын басқарушы, ұйымдастырушы.*

**РЕЖИССЕРЛІК** зат. *Режиссерге тән, режиссерге қатысты.*

**РЕЖИССЕРШЕ** сын. өнер. *Режиссер сияқты, режиссерге ұқсап.*

**РЕЖИССУРА** зат. өнер. *Режиссерлік туынды, режиссерлік еңбек.*

**РЕЖИССУРАЛЫҚ** сын. өнер. *Режиссураға қатысты, соған тән.*

**РЕЖІМ** [франц. regime] зат. **1.** *Мемлекеттік құрылыс, басқару түрі.* **2.** *Жұмыстың, демалыстың, тамақтанудың, ұйқының нақты белгіленген тәртібі.* **3.** *Белгілі бір мақсатқа жету үшін орнатылған ережелердің, шаралардың, нормалардың жиынтығы.*

**РЕЗЕКЦИЯ** [лат. resectio] зат. *Кесіп тастау, сылып тастау, белгілі бір органның зақымданған бөлігін операция жасап алып тастау.*

**РЕЗЕҢКЕ** [ор. резинка] зат. **1.** *Каучукты вулкандау жолымен алынған иінді материал.* **2.** *Каучукты вулкандау жолымен алынған материалдан істелген нәрсе.* **3.** хим. *Арнайы қосымшалары бар вулкандалған көксағыз негізіндегі серпімді созылғыш композициялық материал.*

**Резеңке доп.** *Резеңкеден жасалған доп.* **Резеңкелі қоспа.** хим. *Көксағызды арнайы ингридиенттермен араластыру арқылы алынатын біртекті пластикалық масса.*

**РЕЗЕҢКЕЛЕУ** зат. хим. *Ұнтақтау процестерінен бастап кейбір құралғылардың кен түйіршіктерімен түйіскенде тез қажалып, тозатын беттерін резеңкемен қаптау немесе кейбір бөлшектерді резеңкеден құйып жасау.*

**РЕЗЕРФОРДИЙ** зат. хим. *Табиғатта кездеспейтін радиоактивті металл, өте белсенді жасанды синтезделген элемент.*

**РЕЗЕРВ** [лат. reservare] зат. **1.** *Заттардың қоры; шығатын жері, қайнар көзі.* **2.** әск. *Запастағы әскер, әскери адам.*

**РЕЗЕРВАТ** зат. *Табиғи комплекстің басты объектісі болып саналатын белгілі бір элементін қорғауға алған қорық секілді қорғалатын территория.*

**РЕЗЕРВАЦИЯ** [лат. reservare] зат. *Белгілі бір елдің байырғы халқын күштеп қоныстандыру үшін бөлінген, тіршілік етуге қолайсыз аймақ.*

**РЕЗЕРВАЦИЯЛА=** ет. саяси. *Қолайсыз аймаққа күштеп қоныстандыру.*

**РЕЗЕРВАЦИЯЛАУ** саяси. *Резервацияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕЗЕРВИСТ** зат. әск. *Міндетті әскери қызметкер.*

**РЕЗЕРВТІК** сын. *Қордағы.* **Резервтік валюта**. *Резервтік капитал.*

**РЕЗЕРВУАР** [франц. reservoir] зат. *Сұйық заттар, газдар сақтайтын қомақты ыдыс.*

**РЕЗЕРПИН** [лат. reserpinum] зат. фарм. *Гипертония ауруына қарсы қолданылатын дәрі.*

**РЕЗИДЕНТ** [лат. residens] зат. дипл. *Белгілі бір елде тұрақты орналасқан шетелдік дипломатиялық уәкіл.*

**РЕЗИДЕНТТІ: резидентті том.** инф. <ағыл. resident volume> *Жүйелік каталог пен операциялық жүйенің ядросы орналасқан том.*

**РЕЗИДЕНЦИЯ** [лат. residentis] зат. дипл. *Мемлекет басшысының, жоғары лауазым иесінің қызмет орны, мекенжайы.*

**РЕЗИЛДЕР** зат. хим. *Кастор майы негізіндегі кеппейтін алкидті шайырлар.*

**РЕЗИНА** зат. ***Резеңке.***

**РЕЗИНКА** зат. ***Резеңке.***

**РЕЗИСТ** зат. *Сәулелену әсеріне сезімтал органикалық материал.*

**РЕЗИСТЕНТТІЛІК** зат. *Биологиялық, химиялық химиялық агенттердің тигізетін әсерықпалдарына төтеп беру.*

**РЕЗИСТИВИМЕТРЛІК: резистивиметрлік өлшемдер.** геол. *Бұрғылау ерітіндісінің меншікті электрлік кедергісінің мөлшерін анықтау мақсатында жүргізілетін өлшемдер.*

**РЕЗИСТОР** [ағыл. resistor] зат. физ. *Электр тізбегінің әртүрлі тармақтарындағы ток күші, кернеуді шектеу немесе реттеу үшін қолданылатын радиотехникалық немесе электртехникалық бұйым.*

**РЕЗОЛЮЦИЯ** зат. кіт. *Жиналыста, мәжілісте талқылау нәтижесінде қабылданған шешім.*

**РЕЗОНАНС** зат. **1.** физ. *Дыбыстың амплитудасының артуы, жақсы естілуі.* **2.** *Дыбысты күшейтетін, жақсы естіртетін сипат, мекеме, орынжайдың ыңғайлылығы.*

**РЕЗОНАТОР** [лат. resonare] зат. тех. *Дыбысты күшейтетін құрал.*

**РЕЗОРБЦИЯ** [лат. resorbere] зат. вет. *Дәрі-дәрмектің тері, ет, өкпе, ішек-қарын арқылы денеге енуі.*

**РЕЗОРЦИН**[1] зат. мед. *Су мен спиртте ерігіш, иіссіз, тәттілеу дәмі бар, ақ не ақшыл дәрі.*

**РЕЗОРЦИН**[2] зат. хим. *Бояғыштар, шайырлар өндірісінде антисептик ретінде т.б. қолданылатын диоксибензолдың метаизомері.*

**РЕЗУС-ФАКТОР** зат. биол. *Адамдар мен макакарезус маймылының (аталуы осыған байланысты) эритроциттерінің құрамында болатын антиген.*

**РЕЗЮМЕ** [франц. resume] зат. кіт. ***Түйіндеме***. **1.** *Айтылған не жазылған сөз, баяндаманың қысқаша мазмұндамасы, тоқетері.* **2.** *Жұмысқа орналасушының не жоғары оқу орнына құжат тапсырушының өмірбаяны, тәжірибесі, білімі жайлы нақты мәліметі берілетін қысқаша жазбасы.*

**РЕЙГАНОМИКА** зат. экон. *АҚШ әкімшілігінің 1981-88 жылдары Р.Рейған президент болған кезде жүргізілген экономикалық саясаты.*

**РЕИНВАЗИЯ** [лат. re... – тағы да, жаңадан, invasio - ену] зат. *Ауру тудыру қабілеті бар қарапайым жәндіктердің денеге екінші қайтара енуі.*

**РЕИНЖИНИРИНГ** зат. экон. **1.** *Жұмыс істеп тұрған объектіде бұрын іске асырылған техникалық шешімдерді жаңғырту қызметі;* **2.** *Инжирингіні негұрлым жоғары деңгейге көтеру жолымен кәсіпорынды, компанияны, фирманы сауықтыру.*

**РЕЙНИНГ** зат. спорт. *Солтүстік Америкадағы ковбойлардан тараған ат спортының түрі.*

**РЕИНКАРНАЦИЯ**[1] зат. экон. *Бағалы қағаздарды белгілі бір мерзімде басқа нысанға ауыстыру.*

**РЕИНКАРНАЦИЯ**[2] дін. *Шығыс діндерінде: жанның жаңа тәнде қайта жаңғырылуы.*

**РЕИНТЕГРАЦИЯ** зат. қоғ.-саяси. *Қайта ыңғайласу.*

**РЕИНТЕРМЕДИАЦИЯ** зат. экон. *Ақшалай қаражаттың бәсәкелеуші бейбанкілік қаржы институттарын банкілерге, басқа да депозиттік мекемелерге құйылуы.*

**РЕЙД** [ағыл. reid] зат. **1.** әск. *Жауынгерлік әрекеттер жүргізу үшін әскер бөлімдерінің жаудың тылына кіріп кетуі.* **2.** ауыс. *Тұтқиылдан жүргізілетін тексеру ісі.*

**РЕЙКА** зат. *Жұқа, жіңішке ағаш тақтай.*

**РЕЙС** [нем. Reise] зат. көлік. *Белгілі бір маршрут бойынша кеменің, ұшақтың, автобустың жүретін жолы.*

**РЕЙТАРЛАД** [нем. Reiter] зат. тар. *16-17 ғғ. Еуопа мен Ресейдегі жалдамалы атты полк.*

**РЕЙТЕР** зат. *Таразының ілмешегі.*

**РЕЙТИНГ** [ағыл. rating]hзат. **1.** қоғ. әлеум. *Белгілі қайраткердің (саясат, мәдениет т.б. саласындағы) танымалдылық деңгейі.* **2.** спорт. *Ойындардың нәтижелеріне орай өзгеріп отыратын шахматшының жеке сандық көрсеткіші.* **3.** *Спортшылар немесе спорт командаларының өзара күш арасалмағы.* **4.** пед. *Жоғары оқу орындарында студент білімін бағалау тәсілдерінің бірі.*

**РЕЙТИНГТІК** сын. кіт. *Рейтингке тән, рейтингке қатысты.*

**РЕКАМБИО** зат. экон. *Вексельді төлеген тұлғаның вексель бойынша міндетті тұлғалардың біріне вексель (кері трата) түрінде ресімделуі мүмкін талабы.*

**РЕКАПИТУЛЯЦИЯ** зат. экон. *Салыстыру, айтылғанды қысқаша қайталау.*

**РЕКАПТУРА** зат. экон. *Бір тараптың активтерді иеленудің бірқатар үлесін кері қайтарып алуына мүмкіндік беретін уағдаластық шарт.*

**РЕКВЕРЕНТ** зат. экон. *Вексельге наразылық білдіруді талап етіп, нотариусқа жүгінген вексель иесі.*

**РЕКВИЕМ** [лат. requiem] зат. муз. *Қайғылы, қаралы, мұңды сарындағы әдеби музыкалық шығарма.*

**РЕКВИЗИТ** [лат. reguisitum] зат. заң. *Шынайылығын таныту үшін құжаттарда (мысалы, келісімшарттарда) мазмұндалуға тиіс міндетті мәліметтер.*

**РЕКВИЗИЦИЯ** [лат. requisitio] зат. экон. **1.** *Мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделер үшін мүлікті меншік иесінен алу тәсілі.* **2.** *Құнын төлей отырып, мемлекеттің немесе қоғамның мүддесі үшін меншік иесінің мүлкін мемлекеттің алып қоюы.*

**РЕКВИЗИЦИЯЛА=** ет. құқық. *Жеке меншіктің мүлкін мемлекет керегіне еріксіз алу.*

**РЕКВИЗИЦИЯЛАН=** ет. *Жеке меншік мүлкінің мемлекет керегіне еріксіз алынуы.*

**РЕКВИЗИЦИЯЛАУ** *Реквизицияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕКВИРЕНТ** зат. экон. *Белгілі бір заңды себептермен вексельге наразылық білдіру жөнінде сот органдарына немесе нотариусқа жүгінген вексель ұстаушы.*

**РЕК-ДЖОБИНГ** зат. экон. *Ірі сауда орталығы.*

**РЕКЛАМАЦИЯ** [лат. reclamatio] зат. экон. *Өнімді жеткізушінің, жұмыстарды орындаушының, қызметтерді көрсетушінің (мердігердің, сатушының) кінәсынан орындалу барысында анықталған ақауларға байланысты сатып алушының оларға қоятын кінәрат-талабы.*

**РЕКОМЕНДАЦИЯ** [лат. recommendatio] зат. ***Қолдаухат***.

**РЕКОНВЕРСИЯ** [лат. reconversio] зат. тар. *Халықшаруашылығын соғыс аяқталғаннан кейін бейбіт уақыттағы өнім өндіруге көшіру.*

**РЕКОНСИГНАЦИЯ** зат. экон. *Тасымалдауға қабылданған не тасымалдану үстіндегі жүкті алу құқығын басқа жүк алушыға табыстау.*

**РЕКОНСТРУКЦИЯ** [лат. reconstructio] зат. *Бір нәрсені жаңаша қайта құру, қайта жабдықтау, өзгерту ісі.*

**РЕКОНСТРУКЦИЯЛА=** ет. *Белгілі бір құрамды қайта құру, жабдықтау, өзгерту.*

**РЕКОНСТРУКЦИЯЛАН=** ет. *Қайта құрылу, қайта жабдықталу, өзгертілу.*

**РЕКОНСТРУКЦИЯЛАНУ** *Реконструкциялан етістігінің қимыл атауы.*

**РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ** *Реконструкцияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕКОРД** зат. кіт. *Еңбекте, спортта қол жеткен ең үздік, ең жоғары табыс.*

**Рекордтар кестесі** спорт. *Жарыста өткізу жағдайы белгіленген тәртіпке сай келген*

*жағдайда объективті түрде тіркеу жасалған әлдебір спорт түрінен сол уақыттағы ең жоғары көсеткіштердің (рекордтың) тізбесі.* **Рекордтар кітабы** спорт. *Жоғары спорт көрсеткіштерін тіркеу үшін спорт ұйымдарында болатын кітап.*

**РЕКОРДТЫҚ** сын. кіт. *Рекорд боларлық, үздік.*

**Рекордтық нәтиже.** *Ең жоғарғы нәтиже, жетістік.* **Рекордттық салмақ.** спорт. *Зілтемірдің, ресми рекордтан асып түсетін салмағы.*

**РЕКОРДШЫ** зат. *Үздік табысқа жетуші, рекорд жасаушы.*

**РЕКРЕАЦИЯ** зат. геогр. *Адамдардың денсаулығы мен еңбекке қабілетін табиғат аясында, туристік саяхат арқылы қалпына келтіру.*

**РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ** сын. *Рекреацияға тән.*

**Рекреациялық қорлар.** геогр. *Адамдардың денсаулығын қалпына келтіруге ықпал етіп, дұрыс демалу үшін жағдай туғызатын қорлар.*

**РЕКРЕДИТИВ** зат. экон. *Банктің өз корреспондентіне аккредитивтің күшін жою немесе кері қайтару жөніндегі өкімі.*

**РЕКРИМИНАЦИЯ** зат. экон. *Бір-бірін айыптау.*

**РЕКРИЦИЯ** зат. экон. *Ақшаны қабылдау не беру жөніндегі жазбаша тапсырма.*

**РЕКТА-ЧЕК** зат. экон. *Мәтінінде «Осы адамның бұйрығы бойынша төле» деген жазуы бар атаулы чек.*

**РЕКТИФИКАЦИЯ** [лат.rectificatio] зат. хим. *Бірнеше құрам бөліктен тұратын сұйық қоспаларды бөлу әдісі.*

**РЕКТОР** [лат. rector] зат. пед. *Жоғары оқу орнының басшысы.*

**РЕКТОРАТ** зат. пед. *Жоғары дәрежелі оқу орындарының басшы, жетекші тобы.*

**РЕКТОРЛЫҚ** зат. *Ректор қызметін атқару міндеті.*

**РЕКТА-ВЕКСЕЛЬ** зат. экон. *Атаулы вексель, вексель беруші вексельдің үшінші біреуге берілуіне тыйым салады деген мағынаны білдіретін «Бұйрық бойынша» деген жазуы бар вексель.*

**РЕКУЛЬТИВАЦИЯ** зат. егіншар. *Жердің құнарлылығын, өнімділігін қалпына келтіру.*

**РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАУ** зат. егіншар. *Жердің құнарлылығын қалпына келтіру үдерісі.*

**РЕКУПЕРАЦИЯ** зат. экон. *Акциялар бағамы күрт төмендегеннен кейін қалпына келтіру; өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану.*

**РЕКУРС** зат. экон. *Негізгі борышқор өзінің несиесін қайтара алмайтын болса, несиегердің кепілгерден борышты төлеуді талап ету құқығы.*

**РЕЛАКСАЦИЯ** [лат. relaxatio] зат. хим. *Сыртқы әсерден туған жүйенің тепе-теңдіксіз күйден термодинамикалық тепе-теңдік күйге өту процесі.*

**РЕЛЕ** [франц. relais] зат. техн. *Мәшинені әлсіз тоқтың жәрдемі арқылы күшті тоққа қосатын электраспабы.*

**РЕЛИКТ** [лат. relictum] зат. *Ескі замандардан сақталған зат; қалдық.*

**Реликт түбір.** лингв. *Байырғы, көне түбір.*

**РЕЛИКТІЛІК** сын. *Реликтіге тән, реликтіге қатысты.*

**РЕЛЬЕФ** [франц. relief] зат. геогр. *Жер бетінің ой-қыры; құрлық беті және мұхит түбі бедерлерінің жиынтығы.*

**РЕЛЬС** [ағыл. rails] зат. көлік. *Үстінен пойыз, трамвай т.б. жүретін екі болат білеуден жасалған бұйым.*

**РЕЛЬСФОРМАЛАР** зат. тех. *Бөлшектерден жиналып, негізгі темір тетік арқылы бекітілетін пішіндер.*

**РЕЛЯТИВИЗМ** [лат. relativus] зат. филос. *Дүниедегі барлық заттар мен құбылыстар өзара салыстырмалы қатынаста ғана болатынын негіздейтін әдіснамалық қағида.*

**РЕЛЯТИВИСТІК** [лат. relativus] сын. филос. *Релятивизмге тән, релятивизмге қатысты.*

**РЕЛЯТИВТЕНДІРУ** зат. *Ғылымды тек әртүрлі, оның ішінде дін де ақиқаттарды тану процесі деп қарайтын неоканттық геосеологиялық үлгі.*

**РЕМА** [грек. rhema] зат. лингв. *Сөйлемдегі жаңа нәрсе туралы хабарлайтын актуалды мүшелеу компоненті.*

**РЕМАЗОЛДАР** зат. хим. *ГФР-да шығарылатын целлюлозалы және нәруызды талшықтарға арналған белсенді бояғыштардың саудадағы атауы.*

**РЕМАРКА**[1] [франц. remarque] зат. әдеб. *Автордың пьеса жөнінде жазған түсініктері, ескертпелері.*

**РЕМАРКА**[2] зат. экон. *Сауда кітабындағы, шоттағы ескерту, жазба немесе белгі.*

**РЕМАРКЕТИНГ** зат. экон. *Тауарлардың барлық түрлеріне және кез келген уақыт кезеңіне тән сұранымның төмендеуі жағдайындағы маркетинг.*

**РЕМБЛЕР** зат. өс. *Жабайы жоңышқа мен сиырқоңышқаның эспарцеттің арасынан шыққан, көпжылдық будан шөп.*

**РЕМЕДИУМ** зат. экон. *Шақа салмағы мен сынамасының белгіленген нормадан заңда рұқсат етілген ауытқуы.*

**РЕМИГРАНТ** зат. экон. *Атамекеніне қайтып оралған адам .*

**РЕМИЗ** зат. экон. *Маклер мен бағалы қағаздарды сатып алушы арасында жүруші адамға биржа маклері төлейтін комиссиялық сыйақы.*

**РЕМИЗА** зат. экон. *Биржа делдалы мен бағалы қағаздарды сатып алушы арасында жүрген делдалға биржа делдалы төлейтін сыйақы.*

**РЕМИНИСЦЕНЦИЯ** [лат. reminiscentia] зат. әдеб. *Көркем мәтінде, көбінесе өлеңде кездесетін басқа бір шығарманы еске түсіретін нышан.*

**РЕМИССА** зат. экон. **1.** *Борышқор өз елінде ұлттық волютаға сатып алып, берешекті өтеу үшін шетелдік несиегерге жіберетін чек.* **2.** *Шот бойынша төлем сомасын аз жағына қарай дөңгелету есебімен жасалған шегерім.*

**РЕМИССИЯ** зат. экон. *Шот бойынша төлем сомасын азайту жағына коммерциялық дөңгелектеу.*

**РЕМИТЕНТ** зат. экон. *Атына аударма вексель жазылған адам.*

**РЕМИТЕНТ-БАНК** [ағыл. remiting bank] зат. қаржы. *Инкассоға тапсырыс қабылдаушы банк.*

**РЕМИТЕР** зат. экон. *Вексель беруші.*

**РЕМИТТЕУ** зат. экон. *Берешекті шетел валютасымен өтеу тәсілі.*

**РЕНАТТАР** зат. хим. *Ренийлі қышқылдың H2ReO4 тұздары.*

**РЕНДЖ** зат. экон. *Жағалаудың көрсетілген бөлігіндегі порттардың қатары.*

**РЕНДИТ** зат. экон. *Бағалы қағаздар табыстылығының салыстырмалы көрсеткіші.*

**РЕНЕССАНС** [франц. renaissance] зат. мәд. *Қайта өркендеу дәуірі.*

**РЕНЕССАНСТЫҚ** зат. *Ренессансқа тән, ренессансқа қатысты.*

**РЕНЖУ** *Ренжі етістігінің қимыл атауы.*

**РЕНЖУЛІ** сын. *Қабағы қатыңқы, кеюлі, қынжылулы.*

**РЕНЖУШІЛІК** зат. *Көңілсіздік, кеюшілік.*

**РЕНЖІ=** ет. *Кею, қапа болу, қынжылу.*

**РЕНЖІГІШ** сын. *Өкпелегіш, жабырқағыш, налығыш.*

**РЕНЖІҢКІРЕ=** ет. *Риза болыңқырамау, кейіңкіреу, қынжылыңқырау.*

**РЕНЖІҢКІРЕУ** *Ренжіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**РЕНЖІС=** е т. *Өзара кею, көңілін қалдыру, риза болмау.*

**РЕНЖІСУ** *Ренжіс етістігінің қимыл атауы.*

**РЕНЖІТ=** ет. *Өкпелету, кейіту.*

**РЕНЖІТТІР=** ет. *Өкпелеттіру, кейіту.*

**РЕНЖІТУ** *Ренжіт етістігінің қимыл атауы.*

**РЕНИЙ** зат. мин. *Платина тәрізді ақ түсті металл.*

**РЕНИТТЕР** зат. хим. *Рений (IV) гидроксидінің туындылары.*

**РЕНОВАЦИЯ** зат. экон. *Табиғи және сапалық тозуы салдарынан өндірістен машиналарды, жабдықтарды, құралдарды жаңа негізгі құралжабдықтармен ауыстырудың экономикалық процесі.*

**РЕНОМЕ** зат. экон. *Біреу туралы, фирма туралы қалыптасқан пікір.*

**РЕНТА** [нем. Rente] зат. экон. *Өндірістік қызметті жүзеге асырмай-ақ жүйелі түрде алынатын капиталдан, мүліктен, жерден түсетін табыс, кіріс, өнім.*

**РЕНТАЛЫҚ** сын. *Рентаға тән.*

**Ренталық қарыз.** *Облигациялардың ұстаушысына тұрақты кесімді табыс беруге кепілдік беретін, бірақ борыштың капиталдық сомасын уағдаласылған мерзімде қайтару міндеттемесін мойнына алмайтын мемлекеттік қарыз.*

**РЕНТАБЕЛЬДІ** [нем. Rentabel] сын. экон. *Пайдалы, тиімді, табысты.*

**РЕНТАБЕЛЬДІК** зат. экон. ***Рентабельділік***.

**РЕНТАБЕЛЬДІЛІК** зат. экон. *Тиімділік, өнімділік, табыстылық.*

**РЕНТГЕН** [нем. Rёntgen] зат. **1.** физ. *Рентген және гамма сәулелері экспозициялық дозасының жүйеден тыс бірлігі.* **2.** мед. *Рентген сәулесі арқылы көретін, науқастың ішкі ағзаларын түсіретін аппарат.*

**Рентген құрылымдық талдау.** физ. *Үлгі арқылы өткен рентген сәулелерінің дифракция көрінісін зерттеп, қатты денелердің атомдық-молекулалық құрылымын анықтайтын талдау әдісі.*

**РЕНТГЕНДІК** сын. физ. *Рентгенге қатысы бар, соған тән.*

**РЕНТГЕНОГРАММА** зат. физ. *Рентген сәулесі арқылы үлдірге түсірілген кескін.*

**РЕНТГЕНОЛОГ** зат. мед. *Рентгенология жайын білетін маман дәрігер.*

**РЕНТГЕНОЛОГИЯ** зат. физ. *Рентген сәулесін қолдану жайлы ғылым.*

**РЕНТГЕНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Рентгенологияға қатысты, соған тән.*

**РЕНТГЕНОТЕРАПИЯ** зат. мед. *Рентген сәулесімен емдеу әдісі.*

**РЕНТГЕНСПЕКТРЛІК: рентгенспектрлік талдама.** *Таужыныстардан дайындалған сынама ұнтақтарына кіретін элементтердің өте аз мөлшерлерін анықтап, олардың сандық өлшемін нақтылайтын талдау тәсілі.*

**РЕНТГЕНФАЗАЛЫҚ: рентгенфазалық талдау.** хим. *Рентген сәулелерінің дифракциясын зерттеуге негізделген, кристалдық үлгілердің фазалық құрамын анықтайтын сандық және сапалық талдау.*

**РЕНТИНГ** зат. экон. *Мәшинелер мен жабдықты жалгердің кейін сатып алуы құқығынсыз қысқа мерзімге жалға алуы.*

**РЕНІШ** зат. *Бір нәрсеге риза болмаудан, көңіл қалудан туған кейіс, өкпе, қынжылыс.*

**РЕНІШСІЗ** сын. *Өкпе-наласыз, кейіссіз, ренжусіз.*

**РЕНІШТІ** сын. *Жабырқаңқы, ренжулі, қамығыңқы, қынжылулы, көңілсіз.*

**РЕҢ**[1] [ир. رنگ] зат. **1.** *Келбет, түр, түс, өң, шырай (адамға қатысты).* **2.** *Заттың, нысанның түсі, түрі.*

**Рең берді.** *Шырай берді, өң берді.* **Реңі бұзылды.** а) *Өңі қашты, жүзі тайды.* ә) *Ауызбіршілігі мен ынтымағы, тұтастығы мен діліне нұқсан келді.* **Реңі [сұсы] қашты.** а) *Күн райы бұзылды.* ә) *Өңі бұзылды, түсі қашты.*

**РЕҢ**[2] зат. ескі кіт. *Жақсы, ұлы адам деген мағынада.*

**РЕҢДЕН=** ет. *Реңі кіру, ажарлану, әрлену.*

**РЕҢДЕНУ** *Реңден етістігінің қимыл атауы.*

**РЕҢДЕС** сын. *Түстес, өңдес, пішіндес.*

**РЕҢДІ** сын. *Өңді, ажарлы, реңдес.*

**РЕҢК** [ир. رنگ] зат. **1.** *Түр, түс; рең.* **2.** ауыс. лингв. *Тіл бірліктер түрленіміндегі аздаған мағыналық ерекшелік, сәл ғана өзгешелік.*

**РЕҢСІЗ** сын. *Түссіз, өңсіз, түрсіз, кейіпсіз, пішінсіз.*

**РЕОЛОГИЯ** зат. геол. *Заттың аққыштығы жайлы ғылым, физикалық механиканың саласы.*

**РЕОИГНИМБРИТ** зат. геол. *Лаваға ұқсайтын қия бетте қалыптасатын игнимбрит.*

**РЕОЛОГИЯ** зат. хим. *Нақты денелердің пішінсіздік қасиеттерін зерттейтін ғылым.*

**РЕОМОРФИЗІМ** [грек, rheos – ағу] зат. геол. *Сұйық фазаның шамалы қатысуымен не онсыз таужыныстың механикалық жоғары жылжымалылығына байланысты сығылып пластикалық ағуы және қоршаған таужыныстарға енуі.*

**РЕОПЕКСИЯ** зат. хим. *Пішінсіздену жылдамдығы тұрақты болғандағы полимердің тұтқырлығының өсуі.*

**РЕПАРАЦИЯ** [лат. reparatio] зат. саяси. *Соғыстың шығуына кінәлі болған мемлекет жеңілгенде, соғыстың барысында өзі келтірген зиянды жеңген мемлекетке толық немесе ішінара төлеуі.*

**РЕПАРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Репарацияға қатысты, соған тән.*

**РЕПАРТАЦИЯ** зат. экон. *Ақшалай соманы мүдделері ортақ адамдардың арасында бөлу.*

**РЕПАТРИАНТ** [ағыл. repatriate] зат. қоғ.-саяси. *Репатриация бойынша отанына оралған адам, оралман.*

**РЕПАТРИАЦИЯ** зат. қоғ.-саяси. *Соғыс тұтқындарын, қуғын-сүргіннен қашып қоныс аударғандарды соғыстан кейін Отанына қайтару ісі.*

**РЕПЕЙНИК** [ор.] зат. өс. ***Ошаған.***

**РЕПЕЛЛЕНТ** [лат. repellens] зат. мед. *Маса, шіркей, қара сона сияқты кісі шағатын жәндіктерді жолатпайтын препараттар.*

**РЕПЕЛЛЕНТТЕР** [лат. repellens] зат. вет. *Буынаяқтыларды жолатпау мақсатымен қолданылатын заттар (гексамид, диметилфталат, диэтилтолуамид, т.б.).*

**РЕПЕРТУАР** [франц. repertoire] зат. өнер. *Әншілердің, музыканттардың, әртістердің негізгі, ұдайы орындайтын шығармалары, рөлдері.*

**РЕПЕРТУАРЛЫҚ** [франц. repertoire] сын. өнер. *Репертуарға арналған, соған тән.*

**РЕПЕТ** [ар. رافة] сын. *Әлпет, түр, түс, өң.*

**РЕПЕТИТОР** зат. кәсіп. *Жоғарғы оқу орындарына түсу үшін әдетте оқушыларды жалпы немесе жеке бағдарлама бойынша ақылы дайындайтын мұғалім.*

**РЕПЕТИЦИЯ** [лат. repettitio] зат. өнер. *Театрда ойын көрсету немесе көп алдында шығып сөйлеу үшін алдын ала жүргізілетін дайындық.*

**РЕПЕТСІЗ** сын. *Сұрықсыз, сүреңсіз.*

**РЕПИНГОРАЦИЯ** зат. экон. *Өзара кепіл салу не қайта кепіл салу; кепілзатты өтеуін төлеп алу.*

**РЕПЛИКА** [франц. repique] зат. *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін бөліп, айтылған қақпа сөз, ілікпе сөз.*

**РЕПО** зат. экон. *Бұрын сатып алынған тауарды кері сатып алу туралы келісім; бағалы заттарды кері сатып алу операциясы.*

**РЕПОРТ** зат. экон. *Шетел волютасын ұлттық волютаға айырбастап, белгілі мерзімнен кейін негұрлым жоғары бағаммен сату жөнінде мәліме жасасу; бағалы қағаздарды белгілі бір мерзім өткеннен кейін жаңа, негұрлым жоғары бағамен сатып алуға міндеттеніп,сату жөніндегі биржалық мерзімді мәміле.*

**РЕПОРТАЖ** [франц. reportage] зат. *Баспасөз бетінде, радиода, теледидарда берілетін күнделікті жаңалықтар туралы хабар.*

**РЕПОРТЕР** [ағыл. reporter] зат. *Жергілікті оқиғаларды, хабарларды жазып тұратын, радио, теледидардан беретін хабаршы.*

**РЕПРЕЗЕНТОР** зат. экон. *Өкілдік етуші.*

**РЕПРЕССАЛИЙ** зат. құқық. *Мемлекеттің басқа мемлекетпен бұзылған құқықтарын, қорқыту немесе күш қолданумен байланыссыз әрекеттер көмегімен заңды мәжбүрлі әрекеттері.*

**РЕПРЕССИЯ** [лат. repressio] зат. қоғ.саяси. *Мемлекет органдары қолданатын жазалау шаралары, жаза.*

**Репрессия құрбаны**. *Саяси ұстанымы үшін мемлекет органдары тарапынан жазалауға (өлім жазасына, сүргінге, жер аударуға) ұшыраған адам.*

**РЕПРИМАНД** зат. экон. *Ауызекі сөгіс.*

**РЕПРОГРАФИЯ** зат. экон. *Құжаттарды көшірмелеудің халықаралық атауы.*

**РЕПРОДУКТОЛОГ-ЭМБРИОЛОГ** зат. мед. *Өздігінен бала көтере алмай жүрген әйелдерді жасанды ұрықтандырушы дәрігер маман.*

**РЕПРОДУКТОР** [лат. reproducere] зат. тех. *Дыбысты күшейтіп шығаратын құрылғы, кетік.*

**РЕПРОДУКЦИЯ** [лат. reproductio] сын. тех. *Суреттерді фотография, клише арқылы дәл өзіндей етіп түсіру, көшіру, көбейту ісі.*

**РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ** сын. *Репродукцияға қатысты, соған тән.*

**Репродукциялық баспа қалыбының корректурасы.** баспа. *Көшірілімдерді түпнұсқамен салыстырып, жазба көрсетулер мен түзетулер енгізу жұмыстары.*

**РЕПС** [франц. reps] зат. *Бетінде аздап кеңірдек бедері бар мата.*

**РЕПУТАЦИЯ** [лат. reputatio] зат. кіт. *Атақ, абырой.*

**РЕПШНУР** зат. *Диаметрі 6-7 мм ұзындығы 2-4 м келетін капрон арқан.*

**РЕСВЕРАТРОЛ** зат. *Жүзім мен қызыл шарап құрамындағы зат.*

**РЕСЕЙТАНУШЫ** зат. *Ресей мемлекетінің тарихы, мәдениеті, саясаты мен тілін зерттеумен айналысатын маман.*

**РЕСЕЙТАНУ** зат. *Ресей мемлекетінің тарихын, мәдениетін, саясаты мен тілін зерттейтін сала.*

**РЕСМИ** [ар. رسمی] сын. **1.** *Заңды, нақты.* **2.** *Арнаулы бекітілген, арнайы.* **3.** *Мемлекеттік іске қатысты, билікке, қоғамдық басқаруға тән.*

**Ресми бағам.** *Қандай да бір валютаға мемлекеттік банк бекіткен құн.* **Ресми бөлім.** *Конференция, жиналыс т.б. шаралардың ресми түрде жүргізілетін алғашқы негізгі бөлігі.* **Ресми билік.** *Заңды билік, іс жүзіндегі мемлекеттік билік.* **Ресми делегация.** *Арнаулы делегация өкілдері.* **Ресми жағдай**. *Белгілі бір іскери қатынастағы қалып.* **Ресми қабылдау.** саяси. *Мемлекеттік деңгейдегі жоғары басшылардың барлық заңдылықтар мен формалдылықтарды сақтай отырып, белгілі бір тұлғамен, тұлғалармен ашық жүздесуі, кездесуі.* **Ресми нарық**. экон. *Арнаулы, заңды, ашық нарық.* **Ресми оппонент.** ғыл. *Диссертацияға жан-жақты мұқият талдау жасап, оның негізінде жазбаша сипаттама беретін адам.* **Ресми сапар.** *Жоғары лауазымды адамдардың қызмет бабымен қысқа мерзімді уақытта алыс, жақын шетелдерде болуы.* **Ресми стиль.** лингв. *Ресми қатынастар аясында қызмет ететін іс қағаздар стилі.* **Ресми трансферттер.** экон. *Тауарларды немесе қызмет көрсетулерді сатып алуға, кредиттер беруге немесе өтелмеген борышты төлеуге байланысты емес тегін және қайтарылмайтын төлемдер.* **Ресми түрде.** *Заңды түрде.* **Ресми тіл.** а) лингв. *Кітаби тіл, бейресми, сөйлеу тіліне қарама-қарсы тіл.* **Ресми тіл.** лингв. *Белгілі бір мемлекеттегі заң, сот, оқу мен ресми кеңсе қызметінде қолданылатын негізгі тілдердің бірі.* **Ресми хабар.** *Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан әрі тарату мақсатымен мемлекеттік органдар беретін ақпарат.*

**РЕСМИЛЕН=** ет. *Ресми тәртіпті сақтау.*

**РЕСМИЛЕНДІР=** ет. *Ресми қатынасқа сәйкестендіру.*

**РЕСМИЛЕНДІРУ** *Ресмилендір етістігінің қимыл атауы.*

**РЕСМИЛЕНУ** *Ресмилен етістігінің қимыл атауы.*

**РЕСМИЛЕУ** сын. *Ресми қатынастарға бейім.*

**РЕСМИЛІК** зат. *Қызмет бабына байланысты ресми қатынастарды сақтаушылық.*

**РЕСПИРАТОР** [лат. respiratio] зат. әск. *Адамның тыныс алу мүшелерін шаң мен зиянды заттардан қорғайтын бір кісілік тұмшалағыш.*

**РЕСПОНДЕНТ** [ағыл. respond] зат. әлеум. *Сауалнама немесе интервью барысында сұралатын немесе сұралған адам.*

**РЕСПУБЛИКА** [лат. respublica] зат. саяси. **1.** *Мемлекеттік биліктің жоғары органдарының бәрін жалпыұлттық өкілетті мекемелер сайлайтын не құратын басқару формасы.* **2.** *Мемлекет, ел.*

**Республика парламенті.** саяси. *Заң шығару қызметін жүзеге асыратын республиканың ең жоғары өкілді органы.* **Республика Президенті.** саяси. *Мемлекет басшысы, оның ең жоғарғы лауазымды тұлғасы.*

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ** сын. *Республикаға қатысты, соған тән.*

**Республикалық бюджет.** экон. *Республика заңымен бекітілетін, түсімдер мен бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) есебінен қалыптастырылатын және өзіне Республика Конституциясы мен заң актілері жүктеген міндеттерді жүзеге асыру үшін Республика Үкіметі белгілейтін республикалық бюджет бағдарламаларын қаржыландыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.* **Республикалық газет.** *Республика көлемінде таралатын мерзімді басылым, республикалық баспа органы.* **Респуб-**

**ликалық ұлан.** әск. *Қазақстан Республикасының Президентіне бағынысты мемлекеттік әскери күштер бөлігі.*

**РЕССОР** [франц. ressort] зат. тех. *Мәшиненің, вагонның және арбаның доңғалақтарының үстіңгі жағына орнатылған серіппелі темір тетік.*

**РЕССОРЛЫ** сын. *Рессоры бар, рессор орнатылған.*

**РЕСТАВРАТОР** зат. кіт. **1.** *Көркемөнер туындыларын, сәулет құрылыстарын әуелгі қалпына келтіруші маман.* **2.** *Жөндеуші, қалыпқа түсіруші.*

**РЕСТАВРАЦИЯ** [лат. restauratio] зат. *Бастапқы сынын жоғалтқан сәулет ескерткіштері мен бейнелеу өнері туындыларын, қолжазбалар мен кинофотодоқұжаттарды қалпына келтіру, өңдеу ісі.*

**РЕСТАВРАЦИЯЛА=** е т. *Реставрация жасау; бір нәрсені қайтадан қалпына келтіру.*

**РЕСТАВРАЦИЯЛАУ** *Реставрацияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ** сын. *Реставрацияға қатысты, соған тән.*

**РЕСТАНТ** зат. экон. *Қалдық борыш; фирманың теңгерім жасау кезінде қалған борыштарын қалпына кетіру.*

**РЕСТИТ** зат. геол. *Анотексис жағдайында балқымай қалған минералды қалдықтардан тұратын таужыныс.*

**РЕСТИТУЦИЯ** зат. заң. *Мәміле жасасушы тараптардың «жарамсыз» деп танылған ретте мәміле бойынша алғандарын кері қайтаруы.*

**РЕСТОРАН** зат. ***Мейрамхана*** *(тамақ, ішімдік ішетін, билеп демалатын асхана тектес қоғамдық орын).*

**РЕСТОРАНДАТ=** ет. сөйл. *Ресторанға жиі бару, тойлату, дүркірету.*

**РЕСТОРАНДАТУ** *Рестораңдат етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТРАНСЛЯЦИЯ** зат. *Техникалық құралдарды пайдалануға қарамастан, басқа бұқаралық ақпарат құралының теле немесе радио бағдарламаларын қабылдау және бір мезгілде не жазып алып, толық және өзгеріссіз тарату.*

**РЕСТРИКАЦИЯ** зат. экон. *Өндірілетін тауарлардың бағасын өсіру және неғұрлым жоғары пайда алу мақсатымен өндірушінің өндірісті, сатуды және экспортты шектеуі.*

**РЕСУРС** [франц. ressources] зат. кіт. *Қор, пайдалы қазба.*

**РЕСІМ**[1] зат. сөйл. ***Рәсім.***

**РЕСІМ**[2] зат. жерг. *Сурет, фотосурет.*

**РЕСІМДІ** сын. ***Рәсімді.***

**РЕСУЛ** сын. көне. *Үлкен, алып.*

**РЕТ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір нәрсенің тәртіп, қатары. // Қайтара, мәрте.* **2.** *Бір нәрсенің жөні, жүйесі.* **3.** *Істің жөні, ыңғайы.*

**Реттен шығарды**. *Қатардан, санаттан, есептен алып тастады.* **Реті келді**. *Жөні болды, ыңғайы келді.* **Ретін айтты.** *Бір нәрсенің жөнін, дұрысын, қисынын баяндады.* **Ретін тапты**. *Орайын келтірді, ыңғайын тапты, реттеді.*

**РЕТ**[2] зат. жерг. *Судың жылым тартатын жағасы.*

**РЕТИКУЛОПЕРИТОНИТ** [лат. reticuloperitonitis] зат. вет. *Тақия қарын мен құрсақ қуысын көмкерген көкшандырдың қабынуы.*

**РЕТИКУЛОЦИТ** [лат. reticulum – тор; грек. kytos – жасуша] зат. вет. *Ішінде бүршіктері не торы бар шала жетілген эритроцит.*

**РЕТОМЕТР** зат. хим. *Сұйықтық, бу және газ шығынын өлшеуге арналған құрал.*

**РЕТОРСИЯ** зат. құқық. *Мемлекеттің басқа мемлекеттің аумағында жүрген өз азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары шектелген жағдайда, өз аумағында жүрген сол мемлекеттің азаматтары мен заңды тұлғаларының құқығын шектеуі.*

**РЕТРАГЕНТ** зат. экон. *Кепілге салынған заттарды сатып алумен айналысатын адам.*

**РЕТРАКЦИЯ**[1] зат. экон. *Соттың қате үкімінің күшін жою.*

**РЕТРАКЦИЯ**[2] [лат. retractio – кері тарту, сығылу] зат. вет. *Ұйыған қан қойыртпағының өздігінен сығылуы, мұның нәтижесінде қан сарысуының бөлініп шығуы.*

**РЕТРАТТА** зат. экон. *Назарылық білдірілген вексельге төлем төлеген адамның вексель бойынша міндетті адамдардың біріне өзіне вексель сомасын өтеуді, пайыз, өсімпұл, наразылық бойынша шығынды төлеуді талап етуі; инкассоға қабылданған вексельге наразылық білдіруімен байланысты банкінің шығынды өтеу жөнінде тапсырыскерге берген шоты.*

**РЕТРЕКТИВТІЛІК** зат. экон. *Бағалы қағаздар иесінің оны күні бұрын уағдаласылған шартпен сатып алу мүмкіндігі.*

**РЕТ-РЕТІМЕН** үст. *Тәртіппен, бірінен соң бірі, қатарынан.*

**РЕТРО** [лат. retro] зат. кіт. **1.** *Көнелік, өткен дәуірлік.* **2.** *Ретро стиліне тәндікті білдіретін күрделі сөздің алғашқы сыңары.*

**РЕТРОГРАДТЫҚ** [лат. retrogradus] зат. кіт. *Артта қалушылық, керітартпалық.*

**РЕТРОНСЛЯТОР** зат. *Қайтатаратқыш. Активті ретронслятор. Пассивтік ретронслятор.*

**РЕТРОСПЕКТИВА** [лат. retrospectare] зат. *Тыңдаушыларды өткенге көз жүгірттіру.*

**РЕТРОСПЕКТИВАЛЫҚ: ретроспективалық есеп айырысу.** қаржы. *Қаржы есептілігінің элементтеріндегі сомаларды тануды түзету,бағалау және ашып көрсету.*

**РЕТРОСПЕКТИВТІ** зат. экон. *Сақтандыру шартында кездесетін сөз, кері күші бар дегенді бідіреді.*

**РЕТРОСПЕКЦИЯЛЫ** [лат. retrospectare] үст. кіт. *Өткенді көз алдынан өткізе, өткенге қарай отырып.*

**РЕТРОЦЕДЕНТ** зат. экон. *Қайта сақтандыруға қабылданған тәуекелді екінші рет қайта сақтандыруға табыстаған сақтандырушы не қайта сақтандырушы.*

**РЕТРОЦЕССИОНАРИЙ** зат. экон. *Ретроцеденттен тәуекелді қабылдаған қайта сақтандырушы.*

**РЕТРОЦЕССИОНЕР** зат. экон. *Қайта сақтандырылушы.*

**РЕТРОЦЕССИЯ** зат. экон. *Қайта сақтандырушының бұрын қабылдаған тәуекелдің бір бөлігін басқа қайта сақтандырушыға табыстауы.*

**РЕТСІЗ** сын. *Орынсыз, ыңғайсыз, жөнсіз.*

**РЕТСІЗДЕН=** ет. сөйл. *Ретінен ауытқу, жүйесін бұзу.*

**РЕТСІЗДЕНУ** *Ретсізден етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТСІЗДЕУ** сын. *Орынсыздау, ыңғайсыздау, жөнсіздеу.*

**РЕТСІЗДІК** зат. *Жүйелі тәртіптің жоқтығы, жөнсіздік.*

**РЕТТЕ=** ет. **1.** *Орын-орнына қою, тәртіптеу.* **2.** *Жүйелеу, жөнге салу.*

**РЕТТЕГІШ** зат. тех. *Белгілі бір істі тәртіпке келтіретін тетік.*

**РЕТТЕЛ=** ет. *Ретке келтірілу, тәртіпке келтірілу, жүйелену.*

**РЕТТЕЛУ** *Реттел етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕЛІН=** ет. *Жүйеге түсу, тәртіпке келу.*

**РЕТТЕЛІНУ** *Реттелін етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕС=** ет. *Тәртіпке келтірісу, ретке келтірісу.*

**РЕТТЕСТІР=** ет. *Тәртіпке келтірісу, ретке келтірісу.*

**РЕТТЕСТІРУ** *Реттестір етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕСУ** *Реттес етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕТ=** ет. *Жүйеге келтірту, реттеттіру.*

**РЕТТЕТУ** *Реттет етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕУ** *Ретте етістігінің қимыл атауы.*

**РЕТТЕУЛІ** сын. *Жүйеге келген, тәртіптеулі.*

**РЕТТЕУШІ** зат. *Тәртіпке келтіруші, ретке салушы.*

**РЕТТЕУШІЛІК** зат. *Тәртіпке келтірушілік, ретке салушылық.*

**РЕТТЕУІШ** зат. *Бір нәрселерді реттеп тұруға арналған тетік.*

**Реттеуіш клапан.** тех. *Газ бен сұйықтықтың ағымы мен қысымын реттеу мақсатында қолданылатын клапан.*

**РЕТТІ** сын. *Орын-орнында тұрған, жөнді, орынды, ұтымды.*

**РЕТТІК** сын. *Заттың орналасу тәртібін білдіретін, есепті.*

**Реттік нөмір.** хим. *Атомдық нөмір, әрбір элементтің Д.Менделеев периодтық жүйесіндегі орнын көрсететін ең басты сандық сипаттама.*

**Реттік сан есім.** лингв. *Санның ретін білдіретін, түбір санға -ншы, -нші қосымшасы жалғану арқылы жасалатын сан есім түрі.*

**РЕТТІЛЕУ** сын. *Тәртіптілеу, тәуірлеу.*

**РЕТТІЛІК** сын. *Тәртіптілік, ұқыптылық.*

**РЕТУРА** зат. экон. **1.** *Наразылық білдірген вексельге төлем төлеген адамның вексель бойынша міндетті адамдардың біріне өзіне вексель сомасын өтеуді, пайыз, өсімпұл, наразылық бойынша шығынды төлеуді талап етуі.* **2.** *Инкассоға қабылданған вексельге наразылық білдіруімен байланысты банкінің шығынды өтеу жөнінде тапсырыскерге берген шоты.*

**РЕТУШЬ** зат. физ. *Фотографиялық негативті, суретті қосымша өңдеу ісі.*

**РЕТІМЕН** үст. *Жөнімен, жүйесімен.*

**РЕТІНДЕ** шыл. *Ыңғайында, сияқты.*

**РЕТІНДЕГІ** шыл. *Ыңғайындағы, жөнімен.*

**РЕУШТІ** шыл. көне. *Секілді, сияқты шылауларының мәнін береді.*

**РЕФАКЦИЯ** зат. экон. *Сауда мәмілесі кезінде тауардың төгіліп шашылуына немесе бүлінуіне байланысты сатушының тауар бағасынан немесе салмағынан шегеруі.*

**РЕФЕРАТ** [лат. referre] зат. ғыл. *Ғылыми еңбектің, мақаланың немесе баяндаманың қысқаша мазмұндамасы.*

**РЕФЕРЕНДУМ** [лат. referendum] зат. қоғ.-саяси. *Дауыс бергізу арқылы төтенше маңызды мәселе туралы халықтың пікірін білу әдісі.*

**РЕФЕРЕНТ** [лат. referens] зат. кіт. *Белгілі бір мәселе жөнінде ақыл, кеңес, түсінік беріп отыратын немесе баяндама әзірлейтін қызметкер, көмекші.*

**РЕФЕРЕНТТІК** сын. кіт. *Референтке тән, референтке қатысты.*

**Референттік топ.** әлеум. *Жеке адам өзі үшін эталон ретінде көрінетін және өзінің мінез-құлқы мен өз-өзін бағалауда сол топтың*

*пікірлеріне, нормаларына және құндылықтарына қарайтын адамдардың нақты және шартты әлеуметтік қауымдастығы.*

**РЕФЕРЕНЦИЯ** зат. экон. *Адамға немесе кәсіпорынға іскер топтардың арасында сенімге ие болған басқа бір адам, ұйым беретін мінездеме /пікір/.*

**РЕФЕРИ** зат. спорт. *Ринг үстіндегі төреші.*

**РЕФЛЕКС** [лат. reflexus] зат. физиол. *Ағзаның сыртқы әсерге (тітіркендіргіштерге) орталық жүйке жүйесі арқылы қайтаратын реакциясы.*

**РЕФЛЕКТИВТІК** сын. физиол. *Сыртқы әсер арқылы пайда болатын, еріксіз.*

**РЕФЛЕКТОР** [лат. reflectere] зат. физ. *Жарық сәулелерін жинайтын ойыс айналы қондырғы.*

**РЕФЛЕКТОРЛЫҚ** сын. физ. *Рефлекторға қатысты, соған тән.*

**РЕФЛЕКСИЯ** зат. экон. *Адамдардың өз зейінін өз әрекетінің ішкі және сыртқы мән мазмұнына аудара білу қабілеті.*

**РЕФЛЯЦИЯ** зат. экон. **1.** *Экономиканы ынталандыру құралдарымен экономикалық өсу саясатын жүргізу және жұмыссыздықты қысқарту жолымен жиынтық сұранымды кеңейту.* **2.** *Төмендеген бағаны бұрынғы қалпына келтіру.*

**РЕФЛЯЦИЯЛЫҚ: рефляциялық саясат.** экон. *Экономикалық жағдаяттың нашарлауы жағдайында экономикалық өрлеуді және жұмыспен қамтылуды ынталандыруға тиіс, экономиканы реттеу түрлерінің бірі.*

**РЕФОРМА** [франц. reforme] зат. қоғ.-саяси. *Өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамдық өмірдің кейбір жағын жетілдіру, дамыту мақсатында қайта өзгерту.*

**РЕФОРМАЛА=** ет. *Өзгерту, өзгеріс енгізу*

**РЕФОРМАЛАУ** *Реформала етістігінің қимыл атауы.*

**РЕФОРМАТОР** зат. *Реформашы, қайта құрушы.*

**РЕФОРМАЦИЯ** [лат. reformatio] зат. әлеум.саяси. *XVI ғасырда Батыс Европада шаруалар мен жаңа туып келе жатқан буржуазияның феодалдық құрылысқа қарсы күресі негізінде басталған және католиктік шіркеу мен папашылдыққа қарсы діни күрес формасына көшкен әлеуметтік саяси қозғалыс.*

**РЕФОРМАШЫ** зат. *Жаңалағыш, реформаны жүргізуші, өзгертуші.*

**РЕФОРМАШЫЛ** сын. *Реформаны жақтаушы.*

**РЕФОРМИСТ** зат. саяси. *Реформашы, реформаны жақтаушы.*

**РЕФОРМИСТІК** зат. саяси. *Реформаны жақтаушылық, реформашылдық.*

**РЕФРАКТОМЕТР** [лат. refractus – сынған] зат. геол. *Жарықтың сыну көрсеткіштерін анықтау үшін қолданылатын құрал.*

**РЕФРАКТОМЕТРИЯ** [лат. refroctus – сынған, грек. metron – өлшеймін] зат. вет. *Арнаулы аспап рефрактометрмен өлшеу.*

**РЕФРАКТОМЕТРЛІК: рефрактометрлік талдау.** хим. *Зерттелетін заттың сыну көрсеткіші өлшенетін сандық талдау.*

**РЕФРАКТОР** [франц. refactaire] зат. физ. *Сәулені сындыруға бейімделген линзасы бар телескоп.*

**РЕФРАКЦИЯ** зат. мед. *Оптикалық сәуленің екі ортаны бөлетін шегарадан өткен кезде таралу бағытының өзгеруі, ауа орталығында жарық сәулелерінің сынуы.*

**РЕФРИЖЕРАТОР** зат. экон. *Тоңазытқышты көлік.*

**РЕФУЛЕР** зат. өс. *Судағы топырақты рефелерлік шланг арқылы қажетті жерге төгетін, жер өңдейтін снаряд.*

**РЕЦЕНЗЕНТ** зат. кіт. *Рецензия жазушы адам,сыншы.*

**РЕЦЕНЗИЯ** [лат. recensio] зат. кіт. *Көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т.б. туралы жазылған ғылыми сын, пікір.*

**РЕЦЕНЗИЯЛА=** ет. *Біреудің еңбегіне сын пікір айтып талдау, бағалау.*

**РЕЦЕНЗИЯЛАУ** *Рецензияла етістігінің қимыл атауы.*

**РЕЦЕПИССА** зат. экон. *Тауарды алғаны туралы алдын ала қолхат, кейіннен коносаментті ауыстыратын аралық құжат.*

**РЕЦЕПТ** [лат. receptum] зат. **1.** мед. *Дәрігердің дәрі қабылдау, әзірлеу туралы жазбаша нұсқау қағазы.* **2.** ауыс. *Бірдеңені дайындау жолы; ереже, норма.*

**РЕЦЕПТОР** [лат. recipere] зат. биол. *Тітіркенуді қабылдайтын жүйке талшықтары.*

**РЕЦЕПЦИЯ** зат. экон. *Өзара қарыз.*

**РЕЦЕССИЯ** зат. экон. *Өндірістегі экономикалық өсудің баяу қарқыны немесе төмендеуі.*

**РЕЦИДИВ** [лат. recidivus] сын. кіт. *Белгілі бір құбылыстың қайталануы.*

**РЕЦИДИВИСТ** зат. заң. *Бірнеше рет қылмыс істеген адам.*

**РЕЦИКЛ** зат. хим. *Технологиялық сұлбадағы шығу ағынының бір бөлігін кіріске қарай бағытталатындай ағындар ұйымдастыру әдісі.*

**РЕЦИПИЕНТ**[1] [ лат. recipiens] зат. вет. *Куретамырға басқа малдың қаны құйылған не ткані мен органы (терісі) жапсырылған мал.*

**РЕЦИПИЕНТ**[2] зат. лингв. *Ақпаратты, қызметті, әсерді т.б. тасымалдайтын екі жақты жүйедегі қабылдаушы тарап.*

**РЕЦИПИЕНТ**[3] зат. экон. *Несие, жәрдемқаражат қабылдаушы немесе төлем алушы мемлекет, жеке және заңи тұлға.*

**РЕШЕР** зат. спорт. *Тактикалық есептерге көп мән бермейтін, өршеленіп үнемі алға ұмтылатын боксшы.*

**РЕЭКСПОРТ** зат. экон. **1.** *Шетелден келген заттарды басқа шетелге сату.* **2.** *Елдің кеден аумағынан шетел тауарларын әкетудің кедендік тәртіптемесі.*

**РЕЭМИГРАНТ** [лат. remigrans] зат. саяси. *Эмиграцияда болып, Отанына қайтып оралушы адам.*

**РЕЭМИГРАЦИЯ** зат. экон. *Атажұртқа оралушы.*

**РЖАНАЙ** [ор. ржаной] сын. сөйл. *Қарабидайдың ұнынан жасалатын нан.*

**РИАЗАТ** зат. діни. *Қалыс қалу, жеке қалу, аскетизм.*

**РИАЛ** зат. қаржы. *100 динарға тең, 1930 ж. енгізілген Иранның ақша өлшемі.*

**РИАН** зат. окказ. *Бет бояулары, косметикалық бояулар.*

**РИБЕКИТ** зат. геол. *Силикаттар класындағы сілтілі амфиболдардың түрі.*

**РИБОНУКЛЕОТИДТЕР** зат. хим. *Құрамына D-рибоза кіретін нуклеотидтер.*

**РИБОСОМА** зат. хим. *Рибосомды РНҚ және нәруыздардың табиғи кешені.*

**РИВАНОЛ** [лат. rivanolum] зат. *Ыстық суда еритін сары ұнтақ зат, ас тұзының изотоникалық ерітіндісіне ыдырап, шөгіндіге айналады.*

**РИГВЕДА** *Үнді мәдениетінің ең көне діни және әдеби ескерткіші.*

**РИГОРИЗМ** зат. экон. *Моральдық салттарға қатысты жарғыларды, ережелер мен қағидаттарды бұлжытпай сақтау.*

**РИДИКЮЛЬ** [лат. retioulum] зат. кіт. *Әйелдердің қол сөмкесі.*

**РИЕЛЬ** зат. экон. *Кампучияның ақша өлшем, 100 сенге тең.*

**РИЗА** [ар.رضاء] үст. *Адамның көңіл күйінің қанағаттанғандығын, ұнатқандығын білдіретін сүйсіну белгісі; разы.*

**РИЗАГЕР** сын. кіт. *Разы, көңілі толған.*

**РИЗАЛА=** ет. *Риза ету, көңілдендіру.*

**РИЗАЛАС=** ет. *Келісу, риза болу.*

**РИЗАЛАСУ** *Ризалас етістігінің қимыл атауы.*

**РИЗАЛАУ** *Ризала етістігінің қимыл атауы.*

**РИЗАЛИТ** [итал. risalita] зат. сәулет. *Ғимараттың шығыңқы бөлігі.*

**РИЗАЛЫҚ** зат. **1.** *Әлдебір нәрсеге көңіл толушылық, қанағаттанушылық.* **2.** *Келісушілік, құптаушылық, мақұлдаушылық.*

**Ризалық алды.** *Келісім, ризалығына ие болды.*

**РИЗАШЫЛЫҚ** зат. *Риза болушылық, ризалық.*

**РИЗУАН** зат. діни. *Жаннатты күзететін періште.*

**РИЗЫҚ** [ар.رزق] зат. *Кездескен не бұйырған нәсіп, Алланың берген несібесі.* **Ризық бұйырды.** *Несібе тиесілі болды.*

**РИЗЫҚСЫЗ** сын. *Несібесіз, ризықсыз.*

**РИЗЫҚТЫ** сын. *Несібелі, ризығы бар.*

**РИКЕТСИАЛАР** [лат. rikettsia] зат. вет. *Клетка ішінде тіршілік етіп, малды риккетсиоз ауруларына шалдықтыратын, бактерияға ұқсас микроорганизмдер тобы.*

**РИКША** зат. *Қытай, Жапония сияқты шығыс елдеріндегі жаяу адам таситын жұмсақ рессорлы, екі дөңгелекті жеңіл арба.*

**РИҚАМ** [ар.رخم] зат. көне. *Мәрмәр.*

**РИЛЮКСТЕР** зат. хим. *ЧСФР-да шығарылатын оптикалық ағартқыштардың саудадағы атауы.*

**РИМ: рим цифры.** *0, I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X сияқты математикалық таңба; ежелгі римдіктердің цифры.*

**РИМДІК** сын. *Рим қаласында тұратын.*

**РИМЕЙК** зат. экон. **1.** *Белгілі шығарманың: кітаптың, спектакльдің, кинофильмнің, т.б. қайта көшірілген , жарияланған, қойылған жаңа нұсқасы.* **2.** *Бұрын кездескен, ескі идеяларды пайдалана отырып жаңа өнім шығару.*

**РИМЕССА** зат. экон. *Халықаралық есеп айырысуларда борышкер үшінші бір адамнан ұлттық валютаға сатып алып, шетелдік несиегерге өзінің берешегін өтеу үшін салып жіберетін шетел валютасы түріндегі төлем құжаты /тратта, чек, ақша аударымы/.*

**РИНАЯТ** зат. діни. *Ізгілік.*

**РИНГ** [ағыл. ring] зат. спорт. *Боксшілердің жекпе-жекке шығуына арнайы жасалған 5–6 метрлік төрт бұрышты алаң.*

**Рингке орамал тастау.** спорт. *Өз боксшысының жеңілгенін мойындаудың шартты белгісі ретінде секунданттың ережеде көрсетілген дәстүрлі қимылы.*

**РИНГГИТ** зат. *Малайзия ақша бірлігі.*

**РИНИТ** зат. **1.** *Мал танауларының ішкі бетінің қабынуы.* **2.** *Бет сүйектердің қабынуы.*

**РИНКОЛИТ** зат. геол. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**РИНОГРАММА** [грек. rhis (rhinos) – танау, мұрын; gramma – жазу, сызу, әріп] зат. вет. *Дем алған және дем шығарған кезде ауа қозғалысын арнаулы аспаппен жазып алу, бейнелеу.*

**РИНОПЛАСТИКА** [грек. rhis (rhinos) – танау, мұрын; plastike – мүсіндеу ] зат. вет. *Мұрындық салған кезде жыртылған танауды түзету.*

**РИНОСКОПИЯ** [грек. rhis (rhinos) – танау, мұрын; scopeo – қараймын, зерттеймін] зат. вет. *Танау ішін зерттеу.*

**РИНЭСТРОЗ** [грек. rhinoestrosis] зат. вет. *Жылқының, есек пен қашырдың пысқырық ауруы.*

**РИО** зат. геол. *Таужыныста кварцтың бар екенін көрсететін күрделі сөздің алдыңғы құрамбөлігі.*

**РИОДАЦИТ** зат. геол. *Фенокристері кварцтан, плагиоклаздан, шамалы мөлшерде фемалық минералдардан және микрокристалды арқаудан тұратын риолит пен дациттің аралығындағы эффузиялық таужыныс.*

**РИОЛИТ** зат. геол. *Фенокристері кварц пен сілтілі далашпаттардан, аздап плагиоклаз бен биотиттен және химиялық құрамы гранитке сәйкес келетін микрокристалды не шынылы арқаудан тұратын қышқыл эффузиялық таужыныс.*

**РИСА** үст. *Лайықты, сай.*

**РИСАЛА** [ар. رسالة] зат. көне. әдеб. *Мысал, аңыз-әңгімелер.*

**РИСБЕРМА** зат. *Арық табанына тереңдеп орнатылған тас үйінді.*

**РИСЛИНГ** зат. өс. *Жүзім сорты.*

**РИТОРНО** зат. экон. *Сақтанушы жасасқан шартты бұзғанда сақтандырушының сақтандыру сыйлығының бір бөлігін ұстап қалуы.*

**РИТЕЙЛ** зат. экон. *Бөлшектік сауда.*

**РИТМ** [грек. rhythos] зат. муз. *Музыканың, бидің, жұмыстың ырғағы, үйлесімі.*

**РИТМДІК** сын. *Ырғақтық, ритмге тән.*

**РИТМИКА** [грек. rhythmikos] зат. *Ырғақ, үйлесім.*

**РИТМИКАЛЫҚ** сын. *Ритмикаға тән, ритмикаға қатысты.*

**Ритмикалық гимнастика.** *Ырғаққа сай, мәнерлі гимнастика көрсететін спорт түрі.* **Ритмикалық екпін.** лингв. *Ырғақты екпін.*

**РИТОРИКА** [грек. rhētorike] зат. әдеб. *Шешендік өнер теориясы.*

**РИТОРИКАЛЫҚ** [грек. rhētorikos] сын. *Риторика ережесіне негізделген, риторикаға байланысты, соған тән.*

**Риторикалық айшықтар.** әдеб. *Сөздің бейнелілігін арттыру үшін енгізілетін стилистикалық тіркестер.* **Риторикалық жарлау.** әдеб. *Ойды күшті леппен, ерекше сезіммен тебірене жеткізетін шешендік сөз қолдану тәсілі.* **Риторикалық сұрау.** әдеб. *Шешендік тәсілге жататын айшықты сөз тіркесі, ойды, сезімді әсерлі ету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту.*

**РИСТОРНО** зат. экон. *Сақтанушы өзінің бас тартуына құқық беретін мән-жайлардың басталуы себепті бас тартқанда сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының бөлігі.*

**РИФ** [нем. Riff] зат. геогр. *Су астындағы я су деңгейінен сәл шығып тұратын құз, жартас.*

**РИФОРМИНГ** зат. хим. *Ашық түсті мұнай өнімдерінен жоғары октанды бензиндер, ароматты көмірсутектер және техникалық сутек алу мақсатымен оларды термиялық және катализдік өңдеу процесі .*

**РИФТ** [ағыл. rift] зат. геол. *Қалыптасу себебі жер қойнауларындағы күштермен байланысты, сырт пішіні байырғы оларға яки жарықтарға ұқсайтын, ұзыннан-ұзақ созыла сағаланатын тектоникалық құрылым.*

**РИФТОГЕНДІК: рифтогендік формациялар.** геол. *Терең жарылымдармен бөлшектенген платформа бөліктерінің көлбеу бағыттағы қозғалыстары нәтижесінде бір-бірінен алшақтай бастауын, сөйтіп континенттік рифтілердің қалыптасуын белгілеп беретін шөгінді және шөгінді-жанартаутекті таужыныстардан тұратын геологиялық формациялар тобы.*

**РИЯ** [ар. رياء] зат. *Бірдеңені шын көңілімен емес, тек басқаға көз қылып көрсету үшін ғана істелген іс; екіжүзділік, сайқалдық.*

**РИЯҚОРЛЫҚ** зат. *Көзбояу, екіжүзділік.*

**РИЯЛ** зат. экон. *Сауд Аравиясының ақша өлшемі,100 халалға тең.*

**РИЯЛАН=** ет. *Шын ниетпен емес, екіжүзділену, көлгірсу.*

**РИЯЛАНУ** *Риялан етістігінің қимыл атауы.*

**РИЯЛЫ** сын. *Шын ниетпен емес, қалтарысы бар, бүкпелі.*

**РИЯН** [лат. rubia tinctorum] зат. өс. *Риян тұқымдысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер мен бұталар, жартылай бұталар.*

**Риян тұқымдасы.** өс. <лат. rubiaceae> *Қос жарнақты бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер, жартылай бұталар мен бұталар.*

**РИЯСЫЗ** сын. **1.** *Шын ықылас, адал жүректен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.* **2.** *Ысырапсыз, шығынсыз.*

**РИЯСЫЗДЫҚ** зат. *Қалтқысыздық, бүкпесіздік; ықыластылық.*

**РИЯШЫЛ** сын. *Жәдігөй, сұрқия, зымиян.*

**РИЯШЫЛДЫҚ** зат. *Екіжүзділік, қаранибеттілік.*

**РОБОТ** [чеш. robot] зат. *Құлтемір. Адам сияқты әрекет жасайтын, өмір үшін қауіпті жағдайда, жүріп-тұру біршама қиын объектілерде адамды толық не ішінара алмастыратын құрылғы.*

**РОБОТОТЕХНИКА** зат. экон. *Адам еңбегін ауыстыру мақсатымен, ең алдымен бір сарынды амалдарды орындау кезінде немесе қауіпті жағдайда орындалатын жұмыстарда роботтарды өндірістік үдерісте қолдану мәселелерімен айналысатын білімдер саласы.*

**РОВИНГ** зат. хим. *Пластиктердің армирлеуіне қолданылатын ширатылмаған қарапайым шыны жіптерден тұратын шоғыр.*

**РОДАМИНДЕР** зат. хим. *Аминоксантенді бояғыштар тобы.*

**РОГАТКА** ор. зат. *Балалардың бұтақтың ашасына резеңке тағып, құс атып ойнайтын құралы.*

**РОДАН** зат. хим. *Полимерленуге бейімді; талдаулық химияда қаныққаған қосылыстарды анықтауда қолданылатын элемент.*

**РОДАНИРЛЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылыстардың молекулаларына тиоциан тобын енгізу.*

**РОДЕНТИЦИДТЕР** [лат. rodenticide] зат. вет. *Кеміргіштерді өлтіру үшін қолданылатын химиялық заттар.*

**РОДИЙ** зат. хим. *Күмістей ақ түсті жылтыр металл.*

**РОДИНГИТТЕР** зат. геол. *Негізінен авгит пен гидрогроссулярдан тұратын метасоматоздық таужыныстар.*

**РОДУСИТ** зат. геол. *Сілтілі амфиболдың талшықты түрі.*

**РОДОНИТ** [грек. rhodon] зат. геол. *Силикаттар класының үздіксіз тізбекті типіне жататын минерал.*

**РОДОХРОЗИТ** зат. геол. *Карбонаттар класына жататын минерал.*

**РОЗА** [лат. rosa] зат. сөйл. ***Раушан.***

**РОЗЕОЛА** [лат. roseola] зат. вет. *Үлкендігі жасымық дәніндей, бармақпен басқан кезде жойылып кететін, бірақ басуды тоқтатысымен қайтадан шығатын деңгейі тері бетімен бірдей бөртпе.*

**РОК** [ағыл. rock] зат. муз. *XX ғ. II жартысында пайда болған, жастар эстрадасының сәніне айналған, бас гитараның дыбысына негізделетін, электрмузыкалық аспапта ойналатын музыка, рок-музыка.*

**РОКИРОВКА** зат. спорт. *Шахмат партиясында бірден екі фигура, король мен пілдің қатар жүруі.*

**РОККИ** [ағыл. rogue, croguet] зат. спорт. *Көлемі 1949 см алаңда өтетін крокет ойынының бір түрі.*

**РОК-МӘДЕНИЕТ** зат. мәд. *Англия мен АҚШ-та 20 ғ. 50 ж. соңы – 60 ж. басында жаңа музыка стилінің төңірегінде қалыптасқан жастар субмәдениетінің құбылысы.*

**РОКОКО** [франц. rococo] зат. сәулет. *Тастар мен қабыршақтардан жасалған өрнек, Францияда 18 ғ. 20–40 жж. ақсүйек дворяндар арасындағы көркем стиль.*

**РОЛИК[1]** [нем. Rolle] зат. сөйл. *Айналма доңғалақ.*

**РОЛИК[2]** зат. сөйл. ***Бейнежазба.***

**РОЛКЕР** зат. экон. *Жүктердің ірі топтамаларын тасымалдайтын кеме.*

**РОЛЛ-АП** зат. экон. *Опциондық айқындаманың бірін екіншісімен –орындалуы негұрлым қымбаттауымен ауыстыру.*

**РОЛЛ-ДАУН** зат. экон. *Опциондық айқындаманың бірін екіншісімен –орындалуы негұрлым арзандауымен ауыстыру.*

**РОЛЛЕР-ДЕРБИ** зат. спорт. *Ерлер мен әйелдер арасында өтетін командалық спорт түрі.*

**РОЛЛЕР-СПОРТ** зат. спорт. *Дөңгелекті коньки спорты.*

**РОЛЬ** [франц. role] зат. ***Рөл.*** **1**. *Актердің театрда ойнайтын әдеби образы.* **2**. ауыс. *Маңыз, мән.*

**Роль атқарды**. *Қызметін орындады, маңызға ие болды.*

**РОЛЬГАНГ** зат. экон. *Роликті конвейер.*

**РОМ** [ағыл. rum] зат. *Алкоголі күшті ішімдіктің бір түрі.*

**РОМАЛ** зат. ескікіт. *Балгер, көріпкел.*

**РОМАН** [франц. roman] зат. әдеб. *Күрделі сюжетті әдеби шығарма.*

**РОМАНДЫҚ** сын. *Романға тән, романға қатысты.*

**Романдық стиль.** <лат. romanus> *10–20 ғг. батыс-еуропалық өнердегі стильдік бағыт.*

**РОМАНИСТ[1]** зат. кіт. *Роман жазушы, романшы.*

**РОМАНИСТ[2]** зат. кіт. *Роман тілдері мен әдебиетінің маманы.*

**РОМАНС** [франц. romance] зат. муз. *Жеке дауысқа не жеке аспапқа арналып жазылған әннен гөрі күрделі, шағын лирикалық музыкалық шығарма.*

**РОМАНТИЗМ** [франц. romantisme] зат. өнер. *XIX ғасырдың бас кезінде әдебиетте және көркемөнерде классицизмнің жүйесіне қарсы шыққан ағым; әдебиеттегі романтикалық бағыт.*

**РОМАНТИК** зат. кіт. *Қиялшыл, арманшыл адам.*

**РОМАНТИКА** зат. *Қиялшылдық, арманшылдық.*

**РОМАНТИКАЛЫ** сын. кіт. *Асқақ арман, тәтті қиял құған.*

**РОМАНТИКАЛЫҚ** зат. **1.** кіт. *Асқақ арманшылдық, қиялшылдық.* **2.** *Романтизмге негізделген.*

**РОМАН-ХРОНИКА** зат. әдеб. *Бір адамның, не бір отбасы, не бір елдің тарихынан жүйелі баяндайтын тарихи деректері көп шығарма.*

**РОМАНШЫ** зат. *Роман жазушы, романист.*

**РОМАН-ЭПОПЕЯ** зат. әдеб. *Бірнеше романнан тұратын эпикалық жанрдағы тарихи көлемді шығарма.*

**РОМБ** [грек. rhombos] зат. **1.** мат. *Төрт жағы бірдей параллелограмм.* **2.** *Оқу бітіргендердің белгісі ретінде омырауға тағатын төрт бұрышты қиықша төсбелгі.*

**РОМБИК** зат. сөйл. *Қарама-қарсы екі бұрышы сүйірлеу келген төрт бұрышты қиықша, ромб.*

**РОМБЫ** зат. сөйл. ***Ромб.***

**РОНГАЛИТ** зат. хим. *Сульфоксил қышқылының H2O2 органикалық туындысы.*

**РОТА** [польск. rota] зат. әск. *Жаяу әскер, танк, механикаландырылған, инженерлік, байланыс т.б. бөлімдердегі негізгі әскери бөлімше.*

**РОТАКСАНДАР** зат. хим. *Молекулалары химиялық байланыспаған цикл мен цикл арқылы өткізілген және шеттерінде көлемді радикалдары бар ашық тізбектен тұратын химиялық қосылыстар тобы.*

**РОТАЛАС** сын. *Бір ротадағы, ротада бірге болған.*

**РОТАЛЫҚ** сын. *Ротаға қатысты, соған тән.*

**РОТАНГ** [малайск. rattan] зат. құрыл. *Ротанг пальмасынан алынған жиһаз жасайтын құрастырмалы материал.*

**РОТАТОР** [лат. rotator] зат. тех. *Мәтіндік материалдың, схеманың т.б. көшірмесін алуға арналған аппарат.*

**РОТАЦИЯ** [лат. rotatio] зат. баспа. *Көп тиражды кітаптарды, газеттерді басып шығаратын айналмалы баспа мәшине.*

**РОТМИСТР** [польск. rotmistrz] зат. тар. *Революциядан бұрынғы Россиядағы атты әскердегі және жандармериядағы офицерлік шен.*

**РОТОР** [лат. rotare] зат. тех. *Мәшиненің айналмалы бөлшегі, вал.*

**РОТОРЛЫ** сын. тех. *Роторы бар (мәшине).*

**РОТОРЛЫҚ** зат. тех. *Роторға қатысты, соған тән.*

**РОЯЛТИ** [ағыл. royalty] зат. экон. *Лицензиялық келісім затын пайдалану құқығы үшін лицензиат (сатып алушы) сатушыға (лицензиарға) төлейтін тұрақты төлем (сыйақы).*

**РОЯЛЬ** [франц. royal] зат. муз. *Клавишті музыкалық аспап, фортепьяноның бір түрі.*

**РОЯЛЬШЫ** зат. *Рояль ойнаушы.*

**РӨЛ** зат. **1.** *Актердің театрда ойнайтын әдеби бейнесі.* **2.** ауыс. *Маңыз, мән, қызмет.*

**РСӘЛА** ет. ескікіт. *Баяндау.*

**РУ** зат. этн. *Түркі тектес халықтардың бір әулеттен тараған туыстық, қандастық тобы, аталас ел.*

**Ру тартысы**. тар. *Рулардың арасындағы келіспеушілік, алауыздық.* **Ру тілі.** лингв. *Көне дәуірлердегі рулар тілі; рулық диалект.*

**РУАЙ** сын. ескікіт. *Нұрлы; толық.*

**РУАНА** зат. ескікіт. *Жан дүние, өмір.*

**РУАРАЛЫҚ** сын. *Рулар арасындағы, өзара.*

**РУАЯТ** [ар. رواية] зат. ***Рубаят.***

**РУБАЙ** зат. әдеб. ескікіт. ***Рубаят*** *(көбінесе философиялық болып келетін төрттармақты лирикалық өлең).*

**РУБАСЫ** зат. этн. *Бір рулы елді басқарушы, ру бастығы.*

**РУБАРУ** [ар. روبه رو]: **рубару боп қалды.** көне. *Сөзге келісіп, ренжісіп қалды.*

**РУБАЯТ** [ар. رباعيات] зат. әдеб. *Таяу және Орта шығыс поэзиясында кең тараған өлең түрі; төрттаған.*

**РУБЕРОИД** зат. тех. *Картон қағаздан жасалып, бетіне мұнай битумы сіңірілген материал.*

**РУБИДИЙ** зат. хим. *Күмістей жарқыраған ақ түсті сілтілі металл.*

**Рубидий хроматы.** хим. *Фотоэлектрондық көбейткіштердің жарық сезгіш элементтерінің өндірісінде қолданылатын қышқыл.*

**РУБИН** зат. хим. *Бірінші класты, қызыл түсті асыл тас, лағыл.*

**РУБИРУ** үст. *Бетпе-бет; қарама-қарсы*

**РУБРИКА** зат. кіт. *Газет, журналдардағы кейбір бөлімдердің жалпы тақырып аты.*

**РУБУҒ** зат. ескікіт. *Үлкен топ, компания; жер, территория, өлке, аймақ.*

**РУДА** зат. кен. *Металдар бөлініп алынатын табиғи шикізат, кен.*

**РУДАЛЫ** сын. кен. *Рудасы бар, кені бар.*

**РУДАЛЫҚ** сын. кен. *Рудаға қатысты, соған тән.*

**РУДИМЕНТ** [лат. rudimentum] зат. биол. *Ағзадағы дамып жетіле алмай, өзінің маңызын жойған соқырішек, құйыршық сүйек сияқты мүшелер.*

**РУДИМЕНТТІ** сын. *Өсе алмаған, жетіле алмаған, маңызын жойған.*

**РУДИМЕНТТІК** сын. *Рудиментке қатысты, соған тән.*

**РУДНИК** [лат. rudina] зат. кен. *Бір не бірнеше шахтадан (карьерден) және жер үстіндегі әртүрлі цехтардан құралған тау-кен кәсіпорны; кен шығаратын жер.*

**РУҒИ** зат. ескікіт. *Әңгімеші.*

**РУЗ** зат. ескікіт. *Күн.*

**РУЗА** зат. діни. ***Ораза.***

**РУЗГАР** зат. ескікіт. *Хал, жағдай, тағдыр.*

**РУЗИ** зат. *Күн; күндік азық; ырыс; несібе; үлес.*

**РУИ** зат. ескікіт. *Бет, дидар*

**РУЙЗАМИН** зат. ескікіт. *Жер беті*

**РУЛАС** сын. этн. *Бір рудан тараған туыстас, қандас, аталас.*

**РУЛАС=** ет. *Руға бөліну, бірігу.*

**РУЛАСТЫҚ** зат. *Туысқандық, туыстық, қандастық.*

**РУЛЕТ** [франц. rulette] зат. тамақ. **1.** *Орама, еттартқыштан өткізіліп, майдалаған басын біріктіріп, жаймалаған ет.* **2.** ***Орама*** *(Салма мен қамырдан орап дайындалатын тағамның түрі).*

**РУЛЕТКА** зат. тех. *Металдан не берік қалың матадан жасалып, дөңгелек сауыттың ішіне салынған, бетіне метрлік және сантиметрлік бөліктер сызылған ұзындық өлшеуіші.*

**РУЛОН** [франц. rouleau] зат. *Орам, шиыршықтап оралған қағаз немесе басқа заттар.*

**РУЛЫ** сын. *Бір рудан тараған, бір ру болып табылатын (ел).*

**Рулы ел.** *Бір рудан тараған, бір ру болып табылатын, өсіп-өнген әулет.* **Рулы ел.** *Бір ру ел.*

**РУЛЫҚ** сын. *Руға қатысты, руға тән, ру шеңберіндегі.*

**РУЛЬ** [голл. roer] зат. тех. **1.** *Автокөлікті басқаратын негізгі тетік тұтқа.* **2.** *Кеме, ұшақ, тікұшақ т.с.с. техниканың негізгі тетігі.* **3.** ауыс. *Автокөлік, мәшине.*

**Рульде отырды**. *Автокөлікті жүргізді.*

**РУМБ** [ағыл. rhumb] зат. физ. *Солтүстік-оңтүстік сызығы мен көкжиектегі белгіленген объектіге бағытталған сызық арасындағы бұрыш.*

**РУМЕНТОЛОГИЯ** (мес қарынды жару) зат. *Күйіс малдың қарнына түскен бөгде заттарды, жатып қалған азық жынын алып тастау үшін қолданылатын хирургиялық операция.*

**РУМИ** сын. ескікіт. *Римдік, византиялық.*

**РУМИЛЫҚ** зат. ескікіт. *Византиялық, римдік.*

**РУМИНОГРАММА** [лат. rumen – месқарын, грек. gramma – сызық, жазу ] зат. вет. *Месқарынның белгілі бір мерзім ішінде, айталық, 5 минут ішінде жиырылуын қағазға жазып (сызып) алған кезде пайда болған қисық сызықтар.*

**РУМИНОГРАФИЯ** [лат. rumen – месқарын, грек. grapho – жазамын] зат. вет. *Арнаулы аспап – руминографтың көмегімен месқарын етінің жиырылу қабілетін арнаулы қағазға жазып (сызып) алу.*

**РУМИНОТОМИЯ** [лат. rumen – месқарын, грек. tome – тілік, тілу] зат. вет. *Ірі қара месқарнына түскен бөгде заттарды (шанышқы, шеге т.б.) алып тастау үшін жасалатын ота.*

**РУМИНОЦЕНТЕЗ** зат. вет. *Малдың сол жақ бүйіріне арнаулы аспап-троакар тығып, месқарында жиналған газды (ауаны) сыртқа шығарып жіберу.*

**РУММАН** зат. өс. ***Анар*** *(үлкен алма тәрізді қатты қабығы бар, көптеген мөлдір қызыл, алқызыл дәндері бар анар ағашының қышқыл тәтті жемісі).*

**РУНА**[1] [ескі скан. rūn] зат. лингв. **1.** *Германдықтарда II–III ғасырдан кейінгі орта ғасырларға дейін қолданылған тасқа, ағашқа, металға ойып жазылған көне жазу.* **2.** *V–VIII гг. Енесей, Орхон өзендері, Талас өңірінен табылған түркілердің тасқа қашалған, тік сызықты көне жазуының жалпы терминдік атауы; көне түркі жазуы.*

**РУНА**[2] [фин. runo] зат. әдеб. *Финдер мен карельдердің халық өлеңдері, жыры.*

**РУНАЛЫҚ** сын. *Рунаға қатысты, соған тән.*

**РУПИЙ** зат. *Үндістан, Пәкістан, Индонезия және Шри Ланканың ақша бірлігі.*

**РУПИЯ** зат. ***Рупий.***

**РУПОР** зат. *Қимасы бойынша бір шетінен екінші шетіне қарай кеңейе түсетін металл құбыр.*

**РУСИЕ** сын. *Ұятсыз; алдамшы.*

**РУСОФИЛ** зат. *Орыс ұлтына, тіліне қатысты кез келген нәрселердің бәрін көзсіз жақтаушы, соған бас июші адам.*

**РУ-СОЯТ** зат. жерг. *Ата-тек.*

**РУТА: рута тұқымдасы** ө с. <лат. rutaceae> *Ағаш, бұта, кейде шөптесін түрінде кездесетін қос жарнақты өсімдіктер.*

**РУ-ТАЙПА** зат. *Генетикалық бірлестікке негізделген этникалық топтар.*

**РУТЕНИЙ** [лат. ruthenium] зат. хим. *Ru – элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент; күмістей ақ, платинаға ұқсас қатты металл.*

**РУТИЛ** [лат. rutilus] зат. хим. *Титанның тотығы; ақ, сарғыш түсті, жалтырауық; ферротитан және титан препараттар алу үшін қолданылатын минерал.*

**РУХ** [ар. روح] зат. **1.** филос. *Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, бастаманы білдіретін философиялық ұғым, ой мен сананың шоқтығы, адам психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана-сезімі мен қимыл-әрекетінің озық*

*болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі.* **2.** *Рухани күш, ішкі қуат; батылдық.* **3.** д і н и . *Адам баласына жаратушы өзі дарытқан аса зор қасиет, бүкіл өзге тіршілік иелерінен ажырататын басты белгісі, жаннан бөлек субстанция.* **4.** м и ф . *О дүниелік болған адамның (марқұмның) аруағы, жаны.* **5.** т а р . *Алғашқы ру-тайпалар ұстанған діни сенім түрі, анимизм.*

**Рух биіктігі.** э к с п. *Намысы биіктік, намысшылдық.* **Рух қылды.** *Жан бітірді, рух кіргізді.* **Рух саулығы.** *Адам бойында жан тазалығы, ізгілік, игілік, адамгершілік, адалдық т.б. ізгі қасиеттердің көмескіленбей сақталушылығы.* **Рухы биік.** *Намысты, намысы жоғары.* **Рух тазалығы.** *Жан тазалығы.* **Рухы азат [азаттық тапты].** *Еркіне, еркіндікке қол жеткізді.* **Рухы жақын.** *Идеялас, пікірлес.* **Рухы жоғары.** *Ерік-жігері күшті, мойымайтын.* **Рухын азалады.** э т н . *Қайтыс болған адамның игілікті істерін ардақтап, ұзақ уақыт жоқтады.* **Рухына қармақ салды.** *Адамның жан дүниесін азаптады, қорлады.* **Рухына нәлет келтірді.** *Ата-бабасын қарғысқа қалдырды; жаман іс қылды.* **Рухын бойына сіңірді.** *Бар жақсы қасиетін үлгі етіп қабылдады, сабақ алды, қадірлеп-қастерледі.* **Рухын көтерді.** *Жігерлендірді.* **Рухын қолдады.** *Істеген ісіне жақтас болды, демеу болды.* **Рухын шақырды.** *Ата-баба аруағына сиынды, арқаланды.* **Рухы төзбеді.** *Көнбеді, жаны жай таппады.*

**РУХАНИ** [ар. روحانى] с ы н . **1.** *Адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған қатысты.* **2.** *Материалдыққа қарама-қарсы, ақыл, ой, сана, мәдениетке қатысты. // Зиялылар.*

**Рухани ағым.** *Жан дүние, мақсат-мүддеге сай пікірлер қозғалысы.* **Рухани азық.** *Адамның жан дүниесін қанағаттандыратын, ішкі мақсат-мүддесіне сай келетін ой, идея, пікір, ағым.* **Рухани әлем.** *Адамның жан дүниесі, гуманистік көзқарасы.* **Рухани байлық.** *Жан дүниенің кеңдігі, білімділік пен зерделілік, парасаттылық.* **Рухани бейне.** *Парасаттылық, адамгершілік бітімі.* **Рухани болмыс.** *Парасаттылық, адамгершілік, жан дүние байлығы.* **Рухани дағдарыс.** қ о ғ . -ә л е у м . *Идеясыздық, айқын мақсат, мүдденің жоқтығынан болатын тоқырау.* **Рухани даму.** қ о ғ . -ә л е у м . *Жан дүниенің баюы, айқын мақсат-мүдде, өміршең идея негізінде қоғам мүшелері ой-санасының өсуі, парасатының артуы.* **Рухани дүние.** *Жан дүние, ой-сананы байытатын дүниеліктер, материалды емес дүние.* **Рухани жүйе.** *Жан дүние, ой-сана, болмыс.* **Рухани игілік.** *Білім, рухани мәдениеттің жетістіктері, эстетикалық байлықтар, адамдардың мінез-құлқынан көрінетін адамгершілік қасиеттер т.б.* **Рухани идара.** *Рухани сипаттағы пікірталас, ой-пікір бөлісу өтетін қоғамдық орын.* **Рухани кеңістік.** к і т . *Белгілі бір ортақ бірегейліктегі қауымдастықтың зияткерлік, идеялық т.б. көріністерінің таралу ауқымы, аймағы.* **Рухани көмек.** *Ақыл қосу, кеңес беру, жақсы сөз айту, біліммен байыту сияқты сауапты іс.* **Рухани көсем.** к і т . *Білімі, парасаты, зерделілігі, имандылығы биік ел көшбасшысы.* **Рухани күш.** *Адамгершілік, ар-ождан, имандылық, парасат, жан дүние байлығы жағынан мықты тірек болатын, әсер ететін күш.* **Рухани қайнар [бас-тау].** *Парасат, жан дүние байлығының бастауы.* **Рухани қажеттіліктер.** *Адамның жеке тұлғалық шығармашылық-тәлімдік және мәдени-әлеуметтік қажетін қанағаттандыратын құндылықтарға ынталылық.* **Рухани қожырау.** *Адамның, халықтың, ұлттың мәдени, рухани дүниесінің, тағы да басқа адами құндылықтарының азып, төмен түсіп кетуі, құлдырауы.* **Рухани құндылық.** *Бір ұлттың, не халықтың, қауымдастық немесе топтың, жеке тұлғаның ертеден бағалап келген жан дүние, білім, мәдениет, адамшылдық идеясының негізі болып табылатын ұстанымдары, қастерлі ұғымдары.* **Рухани ләззат.** *Жан ләззаты, жан-дүние, ой-санасын қанағаттандырушылық.* **Рухани мәдениет.** а) *Адамның өзіне және басқа адамдарға, дүниеге қатысын реттейтін дәстүрлер мен құндылықтардың жиынтығы.* ә) *Адамдардың қоғам өміріндегі мәдени қызметінің нәтижесі.* **Рухани мәнділік.** *Рухани дүниеліктер, жандүние, парасат байлығындағы ерекше құндылықтар.* **Рухани мұра.** *Әдебиет, тіл, тарих, сәулет өнері т.б. сияқты заттық қана емес, идеялық құндылықтарды жасайтын туындылардың мұрағаттары.* **Рухани мүдде.** ф и л о с . *Субъектінің жеке еркіндігі мен оның шығармашылық ізденісіне ұйытқы болатын, адамның кісілік қасиеттерін қолдай отырып, оған қажетті бағдар беретін белгілі бір әлеуметтік-тарихи топтың дәстүрлі қажеттілігі.* **Руха-ни орта.** *Өзара мүдделес, ой-пікірі ұқсас, жан дүние қажеттіліктері мен құндылықтары бір адамдар тобы.* **Рухани өмір.** *Материалды байлықтан тыс, адамдардың ой-санасы, ақыл-парасаты, білімі, білігі, жан дүние байлығы көрінетін өмір.* **Рухани тазару.** *Жан дүние, діл, адамгершілік, адамшылық т.б. жақтан жақсару.*

**РУХАНИ-ӘЛЕУМЕТТІК** с ы н . *Материалдық емес құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қатысты.*

**РУХАНИ-МӘДЕНИ** с ы н . *Материалдық емес құндылықтарға, мәдениетке қатысты.*

**РУХАНИ-МОРАЛЬДЫҚ** с ы н . *Материалдық емес құндылықтарға және ахлақ пен ар-ожданға қатысты.*

**РУХАНИЛЫҚ** з а т . *Материалдық емес адамгершілік сияқты т.б. құндылықтарды биік қоюшылық.*

**РУХАНИЯТ** з а т . *Жан дүние, діл, ақыл-парасат сияқты т.б. рухани дүниеліктер.*

**Руханият шырақшысы.** бейн. *Рухани, мәдени құндылықтардың іздеушісі, сақтаушысы.*

**РУХАНИЯТТЫҚ** с ы н . *Руханиятқа тән, соған қатысты.*

**РУХСЫЗ** с ы н . *Рухы жоқ, ішкі, табан тірейтін идеялық ұстанымсыз, намыссыз.*

**РУХСЫЗДАНДЫРУ** з а т . *Ұлттың көшбасшы қайраткерлерінің көзін жойып, халықты дел-сал, мәңгүрт күйге түсіру, рухынан айыру.*

**РУХСЫЗДЫҚ** з а т . *Рухани күш-қуаттың жоқтығы, батылсыздық, рухани белсенділіктің төмендігі, намыссыздық.*

**РУХТАН=** е т . *Қайраттану, жігерлену, шабыттану.*

**РУХТАНҒЫШ** с ы н . *Жігерленгіш, қайраттанғыш, шабыттанғыш.*

**РУХТАНДЫР=** е т. *Намыс көтеру, қайраттандыру.*

**РУХТАНДЫРҒЫШ** с ы н . *Жігерлендіргіш шабыттандырғыш, қайраттандырғыш.*

**РУХТАНДЫРУ** *Рухтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**РУХТАНДЫРУШЫ** з а т . *Жігерлендіруші, шабыттандырушы, қайраттандырушы.*

**РУХТАНУ** *Рухтан етістігінің қимыл атауы.*

**РУХТАС** с ы н . *Рухы бір, бір рухтағы, идеясы, ұстанымы жақын.*

**РУХТЫ** с ы н . *Рухы көтеріңкі, шабытты, жігерлі, намысты.*

**РУШ** з а т . *Амал, тәсіл, жол.*

**РУШЫЛ** с ы н . *Рулық жікке, атаға бөлінгіш.*

**РУШЫЛДЫҚ** з а т . *Руға бөлінушілік, ру мүддесін ел мүддесіне жоғары қоюшының.*

**РУШЫЛЫҚ** з а т . т а р . *Ру болып, тайпа болып өмір сүру кезеңі.* **Рушылық дәуір.** *Адамзат қоғамының бастапқы тайпалық кезеңі.*

**РҰШДИЯ** з а т . *Рұшдияда оқып жүр, Шанда қазақ баласы. Жаңаөспірім, көк өрім, Бейне қолдың саласы.*

**РҰҚСАТ** [ар. رخصة] з а т . *Бір тараптан екінші тарапқа берілетін құптаушылық, келісім.*

**Рұқсат алды.** а) *Рұқсат сұрады.* ә) *Келісімін алды.* б) р е с м и . *Қандай да бір іс-қимыл, әрекетті жүзеге асыру үшін тиісті ресми орындардан жазба түрде келісім алу.* **Рұқсат берді [қылды, етті].** а) *Қандай да бір істі, әрекетті жүзеге асыруға келісім берді, құптау білдірді.* ә) *Ерік, бостандық.* **Рұқсат етілген капитал.** э к о н . *Акционерлік қоғамның жарғысында көрсетілген акционерлік капиталдың шамасы.*

**РҰҚСАТНАМА** [ар. رخصت نامه] з а т . *Белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға келісім беретін заңды құжат.*

**РҰҚСАТСЫЗ** ү с т . *Құптаусыз, келісімсіз, рұқсат сұрамай.*

**РҰҚСАТТА=** е т. ж е р г . *Құптау.*

**РҰҚСАТТАМА** з а т . ә с к . <франц. parole>*Жауап ретінде айтумен қатар өз әскери қызметкерлерін тану амалы болып келетін құпия сөз.*

**РҰҚҰҒ** [ар. ركوع] з а т . д і н и . *Намаз оқығанда еңкейіп тізе бүгу.*

**РҰХСАТ** з а т . с ө й л . ***Рұқсат.***

**Рұқсат [ұлықсат] берді. Ризалық етті, келісім білдірді.**

**РҰХСАТСЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Рұқсатсыз.***

**РҮШДИЯ** з а т . е с к і к і т . *Түрлі пәндер оқытатын ағартушылық мектеп.*

**РЫЗДЫҚ** з а т . с ө й л . ***Рызық.***

**РЫЗЫҚ** [ар. رزق] з а т . **1.** *Нәсіп, несібе, ризық.* **2.** *Диуана қатарына жатқызылған адамдарға берілетін азық-түлік.* **3.** к ө н е . *9–10 ғасырлардағы жауынгерлердің жалақысы.* **4.** *16-ғасырларда Осман сұлтандығында табыс әкелетін егістік танабы, жерлер.* **Рызық берді.** *Жаратушы нәсіп етті, маңдайына жазды.* **Рызық беруші.** д і н и . *Несібе, ризық үлестіруші.*

**РЫНОК** з а т . э к о н . ***Нарық*** *(өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесін білдіретін тауар шаруашылығының санаты).*

**Рынокқа қатысушы.** э к о н . *Өз клиенттері атынан, сондай-ақ өз есебінен тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сатып алушы және сатушы адам.* **Рынокты бөліктеу.** э к о н . *Өндірістік-өткізім саясатын бағдарлау нұсқасын таңдау мақсатымен рыноктағы негұрлым қолайлы жағдайды анықтау үрдісі.* **Рынок теориясы.** э к о н . *Экономика ғылымының тауар-ақша айырбасын және сатушылар мен тұтынушылар арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды зерттейтін саласы.* **Рыноктың макроқұрылымы.** э к о н . *Тауар топтарының, яғни атқарымдық мақсатының ортақтығымен біріктірілген және қоғамдық еңбек бөлінісі мен кәсіпорынның мамандануының ықпалымен дербес өндірістерге бөлініп шыққан (аяқкиім, киім-кешек, жиһаз, тамақ өнімдері, тұрғын үй т.б.) тауарлардың түрлері бойынша сұраным мен ұсынымның арақатынасы.* **Рыноктың өтемпаздығы.** э к о н . *Рынокта нақты тауарлардың немесе құндылықтарды сатып алушылар мен сатушылардың ұдайы болуын көрсететін рыноктың негізгі сипаттамаларының бірі.* **Рыноктың сыйымдылығы.** э к о н . *Белгілі бір уақыт кезеңінде, мысалы, жыл бойына рынокта сатылатын тауардың көлемі.* **Рыноктың шегарасын кеңейту.** э к о н . *Фирманың қолдағы тауарларды*

*жаңа рыноктарға енгізу есебінен өткізу көлемін ұлғайту әрекеті.* **Рынок конъюктурасы.** экон. *Нарық конъюнктурасы (белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір регионда қалыптасқан тауар өткізудің әлеуметтік-экономикалық сауда ұйымдастырушылық және т.б. шарттарының жиынтығы).*

**РЫНОКТЫҚ** сын. *Нарықтық, нарыққа тән.*

**Рыноктық жетекші**. экон. *Саладағы рыноктың үлесі барынша көп кәсіпорын.* **Рыноктық күштер**. экон. *Еркін рынокта сұраным мен ұсынымға ықпал ететін және бағаны айқындайтын жағдай – сатушылар мен сатып алушылардың, несие берушілер мен қарыз алушылардың мінез-құлқы.*

**Рыноктық қорлар**. экон. *Ішкі рынокта жеке тұтыну үшін халыққа ұсынылатын тауарлардың жиынтығы.* **Рыноктық сынақтама**. экон. *Тауарлардың сыртқы түрін, буып-түйілуін, тауар таңбасын, атауын тұтынушының бағалауы туралы оперативтік коммерциялық ақпарат алу мақсатымен тауарды таңдап алынған рыноктарды сынап сату.* **Рыноктық тексеру.** экон. *Қандай бағаланымның жақсы екенін және белгіленген бағамен қанша акцияны сатып алуға немесе сатуға болатынын анықтау үшін сыртқы биржа айналымында жүрген бағалы қағаз бағаланымын бірнеше фирмадан сұрап білу.* **Рыноктық тепе-теңдік**. экон. *Тауарлар мен қызмет көрсетулерге сұраным көлемі мен құрылымының және олардың ұсыным көлемі мен құрылымының арасалмағы.* **Рыноктық тетік**. экон. *Нарықтың негізгі үш нышанының: ұсынымның, сұранымның жәнебағаның өзара әрекеттесу тетігі.* **Рыноктық үміткер**. экон. *Өзінің рыноктағы үлесін молайту жолында күресетін кәсіпорын.* **Рыноктық ізбасар**. экон. *Өзінің рыноктағы үлесін сақтай отырып және қатерлі шешім қабылдамай, салалық жетекшілердің соңынан ілесу саясатын жүргізетін кәсіпорын.* **Рыноктық экстремизм**. экон. *Тауар өндірушілердің толық дербестігі; еркін нарықтық баға негізінде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу.*

**РЫЦАРЬ** [нем. Ritter] зат. тар. *Феодалды Еуропадағы әскери-дворян тобына жататын адам.*

**РЫЦАРЬЛЫҚ** сын. *Рыцарьға қатысты, соған тән.*

**РЫЧАГ** зат. тех. *Қозғалмайтын тіреуіштің төңірегінде айналатын, аз күш жұмсап, үлкен күш алуға мүмкіндік беретін қатты денеден жасалған қарапайым механизм.*

**РЭКЕТ** [ағыл. racket] зат. әлеу.-экон. **1.** *Күшпен алу тәсілі, қорқыту, үркітумен дегеніне көндірушілік.* **2.** *Қоғамда заңсыз әрекеттерді жүзеге асыратын, бопсамен, тонаумен айналысатын қылмыстық топ.* **3.** *Сондай қылмыстық топтың мүшесі.*

**РЭКЕТС** зат. спорт. *Ракеткамен доп ойнау.*

**РЮКЗАК** [нем. Rucksack] зат. *Арқаға салып көтеріп жүретін қапшық; жолқапшық.*

**РЮМКА** зат. *Арақ, шарап ішуге арналған шыныдан жасалған шағын ыдыс.*

# С

**С 1.** *Қазақ әліпбиінің жиырма төртінші әрпі.* **2.** *Қазақ тіліндегі тіл ұшы, жинақы жуысыңқы дауыссыз дыбыс.*

**САБА[1]** зат. этн. **1.** *Жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің жалпы шеңбері, арнасы, көлемі, аясы.* **3.** этн. *Молшылықтың, ырыстың, байлықтың белгісі.*

**Саба бие**. *Қарыны үлкен, көп құлындаған бие.* **Сабадағы қымыздай.** бейн. *Шайқалып, сапырылып.* **Сабасына келді.** а) *Су бұрынғы қалпына келіп, арнасына толды.* ә) ауыс. *Ашуы, ызасы басылып, саябыр қалыпқа келді.* **Саба жию**. *Соңғы іркіт піскен соң сабаны тазалап бүктеу.* **Саба құрсақ**. *Кең құрсақ, үлкен қарын.* **Сабасына қарай піспегі**. *Бір-біріне сайма-сай, дөп қосылған деген мағынада.* **Сабасынан аспады.** *Шектен шықпады, қалыптан озбады.* **Сабасына сыймады [сабасынан шықты].** а) *Ісініп-кебінді, ашу-ыза кернеді, шектен асып кетті.* ә) *Лепірді, асып-тасты, асып-төгілді.* **Сабасына түсті [келді].** *Ашуы, ызасы басылып, саябыр қалыпқа келді, ашуы тарқады.* **Саба толқу**. *Саба ішіндегі сүттің шайқалуынан бетіндегі майлардың бірігуі.* **Саба ұстады**. *Сабасы аққа толды.* **Сабасынан шықпады**. *Шамадан аспады, қалыптан озбады, асқақтамады.*

**САБА[2]** зат. этн. көне. *Бір нәрсені қаптауға арналған қап, қапшық, аяқкиім т.б. жасау үшін пайдаланылатын аң немесе мал терісі.*

**САБА[3]** зат. *Өзендердің, ағын сулардың суы азайып, ең төменгі межеге жететін кезеңі.*

**САБА=** ет. **1.** *Ұрып-соғып жазалау.* **2.** этн. *Киізге, көрпеге т.б. пайдаланылатын жүнді тазарту, қопсыту, ұйысын жазу үшін сабаумен ұрғылау.* **3.** *Қатты соққан желдің, жауын-шашынның жүргізбей бетті ұрғылауы, төпеп соғуы.* **4.** ауыс. *Бөсу, көпірту, асыра сілтеу, сөз бермеу.* **5.** ауыс. *Асып түсу, басым келу, орап кету мағынасында.*

**Сабап жүре берді**. *Аялсыз, тынымсыз қатты жүрді де отырды.*

**САБААЯҚ** зат. этн. *Сабаның астына қоюға арналған, ағаштан жасалған тұғыр.*

**САБАҒАТ** зат. <лат. consultatio> **1.** *Халықаралық келісімшарт түрлерінің бірі.* **2.** *Мамандардың қайсыбір мәселелер бойынша кеңесуі.* **Сабағат салды**. жерг. *Ақыл қосты, кеңесті.*

**САБАДАЙ** сын. *Үлкен, мол.*

**САБАДАР** зат. көне. *Бас қымызшы.*

**САБАЗ** [ир. شاهباز] зат. **1.** экспр. *Ер-азаматтың ісіне, мінезіне риза болғанда айтылатын атауыш.* **2.** мысқыл. *Ер адамның мінез-құлқын, ісін жаратпағанда айтылатын мысқыл атауыш.* **3.** *Ер-азамат.* **4.** ауыс. *Жақсы-жайсаң, нарқасқалар.* **5.** ауыс. жағымсыз. *Бай-манап, би-болыс.*

**САБАЗДЫҚ** зат. *Ер-азаматқа тән байсалдылық, парасаттылық, мәрттік.*

**САБАЙ** [ар. صبائی] зат. көне. IV *ғасырларда пайда болған араб жазуының түрі.*

**САБАҚ[1]** зат. бот. <грек. kaulos> *Өсімдіктің жерасты мүшесі мен жерүсті мүшелерін бір-бірімен жалғастыратын ортақ тірек мүшесі, бұтақ өсетін негізгі бөлігі.*

**САБАҚ[2]** зат. **1.** пед. *Мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі, пәннің өтуінің ұйымдастырылуы.* **2.** пед. *Мектеп жүйесінде өтілетін пән және сол пәндерден оқушыларға берілетін тапсырма.* **3.** ауыс. *Кітап, пән оқулығы.* **4.** сөйл. *Мектеп.* **5.** ауыс. *Үлгі, өнеге, мысал, тәжірибе.* **6.** ауыс. *Айла, амал-тәсіл, шарғы.* **7.** ауыс. *Сыр, түйін, пікір.*

**Сабақ алды.** а) *Сауатын ашты, білім алды, көзі ашылды.* ә) *Үйренді, тәлім алды.* **Сабақ барысы**. *Сабақты жүргізу тәртібі; сабақ мазмұнын іске асыратын әдіс-тәсілдерді қолдану.* **Сабақ берді**. а) *Сабақ өткізді, сабақ жүргізді.* ә) *Тәжірибе берді, үйретті.* **Сабақ болды**. *Қорытынды шығарарлық ойға келді, ескерерлік ой салды.* **Сабақ дайындады.** пед. *Оқушы үйге берілген мектеп тапсырмасын орындады.* **Сабақ дайындау**. пед. *Белгілі бір оқу пәні бойынша үй тапсырмасын орындау.* Сабақ даярлау. *Сабақ қарау, сабаққа дайындалу.* **Сабаққа даярлану.** *Сабақ қарау, оқу.* **Сабақ жоспары**. пед. *Өткізілетін сабақтың берілу жүйесі.* **Сабақ кестесі**. пед. *Бір сыныпта өтілетін пәндердің күндік рет тәртібі.* **Сабақ қарау**. *Үйге берілген тапсырмаларды орындау.* **Сабақ мазмұны**. пед. *Әрбір тақырып бойынша қамтылатын материалдар, оны оқытудың әдістері, сабақтағы жеке-дара және ұжымдық жұмыстар.* **Сабақ талдау**. пед. *Мектептегі сабақты талдай отырып, бағалауға арналған әдістемелік жұмыстың бір түрі.* **Сабақ үзу.** жерг. *Сабаққа келмеу.* **Сабаққа берді**. *Оқуға, мектепке, медресеге, молдаға білім алуға берді.* **Сабаққа тілі келді.** *Есі кірді, сауатын ашатын кезі жетті.* **Сабақпен сөйледі**. жерг. *Кезегімен сөйледі.*

**САБАҚ[3]** зат. жерг. **1.** *Бауы қысқа сырға.* **2.** *Үлкен салпыншағы көп ауыр сырға, ауыр болғандықтан, құлақты жыртып кетпеу үшін шашқа, сәукелеге жіппен, күміс сыммен бекітіп, байлайтын сырға.* Сабақты сырға. этн. *Үзбелі сырғаның бір түрі.*

**САБАҚ** зат. **1.** *Ине сабақтағанда адамның қолы созылып, тартқанда оралып, шатаспайтындай жіп көлемі.* **2.** *Сырғаның құлаққа кигізетін жері, құлаққа салатын сымдай жіңішке имек басы.*

**САБАҚ[5]** зат. жерг. *Ағашқа оралған киім тігетін жіп; доғалақ сабақ.*

**САБАҚ[6]** зат. жерг. *Бау-бақша.*

**Сабағынан үзілді.** *О дүниелік болды, көз жұмды.*

**САБАҚЕГЕУШІЛЕР** зат. зоол. <лат. cephidae> *Жарғаққанаттылар отряды, қондырма құрсақтылар отряд тармағының бір тұқымдасы.*

**САБАҚСЫЗ** сын. *Сабағы жоқ, сабақ өспеген.*

**Сабақсыз өсімдік**. өс. *Сабағының буынаралығы өте қысқа өсімдік.*

**САБАҚТА=** ет. **1.** *Жіпті иненің көзінен өткізу.* **2.** ауыс. *Сөзді, әңгімені әрі қарай дамытып жалғастыру.* **3.** *Жүнді шиге салып туралау.*

**САБАҚТАЛ=** ет. *Жіптің иненің көзінен өткізілуі.*

**САБАҚТАЛУ** *Сабақтал етістігінің қимыл атауы.*

**САБАҚТАН=** ет. *Байланысу, сабақтасу.*

**САБАҚТАНУ** зат. биол. *Астық тұқымдастарына жататын өсімдіктердің (бидай, арпа, сұлы, күріш, тары) түптену сатысынан кейінгі сатысы, сабақ пайда болу процесі.*

**САБАҚТАС[1]** сын. **1.** *Бір сабақтан өсіп-өнген, негізі бір.* **2.** ауыс. *Бір-бірімен жалғас, сарындас, үндес.*

**Сабақтас құрмалас сөйлем**. лингв. *Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысына бағынып құрмаласқан сөйлем.*

**САБАҚТАС[2]** сын. *Бірге сабақ оқитын, бір сыныпта оқитын.*

**САБАҚТАС=** ет. *Ұштасу, байланысу, жалғасу.*

**САБАҚТАСТЫҚ** зат. *Сарындастық, үндестік, байланыстылық.*

**САБАҚТАСТЫР=** ет. *Ұштастыру, байланыстыру, үндестіру.*

**САБАҚТАСТЫРУ** *Сабақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**САБАҚТАСТЫРЫЛ=** ет. *Ұштастырылу, байланыстырылу, үндестірілу.*

**САБАҚТАСТЫРЫЛУ** *Сабақтастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**САБАҚТАСУ** *Сабақтас етістігінің қимыл атауы.*

**САБАҚТАТ=** е т. *Жіпті иненің көзінен өткіздіру.*

**САБАҚТАТУ** *Сабақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САБАҚТАУ** *Сабақта етістігінің қимыл атауы, байланыстыру, әңгіме желісін үзбеу.*

**САБАҚТАУЛЫ** с ы н. *Иненің көзінен жіп өткізілген, жібі бар.*

**САБАҚТЫ**[1] с ы н. *Сабағы ұзын, сабағы бар (өсімдік).*

**САБАҚТЫ**[2] с ы н. *Инеге өткізілген жібі бар, жіп тағылған.*

**Сабақты етістік**. л и н г в. *Табыс септіктегі тура толықтауышқа мағынасы сабақталып тұратын етістік.* **Сабақты жіп алмады**. *Зәредей зат, бұйым алмады, меншіктенбеді.* **Сабақты жібі қалмады [жіп қалдырмады]**. *Еш нәрсені тастамады, түгелдей алып кетті.* **Сабақты ине сәтімен.** *Орайы келген іс оңады деген мағынада.* **Сабақты инесін ұстатпайды.** *Ешкімге еш нәрсесін бермейді.* **Сабақты омыртқа**. ж е р г. *Бел омыртқа.* **Сабақты сырға.** э т н. *Жіппен баскиімге, шашқа байланатын үлкен, ауыр сырға.* **Сабақты түйме.** *Қырланған немесе домалақ тас орнатып, оны күміспен күпсеп, көмкеріп жасаған түйме.*

**САБАҚТЫҚ** с ы н. *Сабақ боларлық, сабаққа жарарлық.*

**САБАҚША** з а т. *Негізгі сабақтан өскен қосымша кішірек сабақ.*

**САБАҚШАЛЫ** с ы н. *Сабақшасы бар.*

**Сабақшалы бактериялар**. б и о л. *Цитоплазмасында ешбір байланыссыз, жіп тәрізді клеткалар өсіндісі бар бактериялар.*

**САБАЛА=** е т. **1.** *Ұрғылау, соққылау.* **2.** *Үстіүстіне төпеу, бораңу, бастырмалату.* **3.** *Құстың қанатын қайта-қайта қағып, қарқындап ұшуы.* **4.** *Сапыру.*

**САБАЛАҚ**[1] с ы н. **1.** *Ұйпалақталған, түтетүте, ұрпиген, жұлмаланған.* **2.** а у ы с. *Қара, жаман, жын-шайтан, зұлмат, қараңғы.*

**САБАЛАҚ**[2] з а т. ж е р г. *Иленген нанның бір бөлігі, зуала.*

**САБАЛАҚТА=** е т. *Ұйпалақтап топтау.*

**САБАЛАҚТАН=** е т. *Ұйпалақтану, түтетүте болып ұрпию.*

**САБАЛАҚТАНУ** *Сабалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАҚТАТ=** е т. *Ұйпалақтату, ұрпиту.*

**САБАЛАҚТАТУ** *Сабалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАҚТАУ**[1] *Сабалақта етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАҚТАУ**[2] с ы н. *Аздап сабалақ болған, ұйпалақтанған.*

**САБАЛАН**[1]**=** е т. ж е р г. *Толу, кемелдену.*

**САБАЛАН**[2] **=** е т. *Қымыз сапырылу.*

**САБАЛАНУ** *Сабалан етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАҢ** с ы н. ж е р г. *Шала піскен.*

**САБАЛАС=** е т. *Бір-бірін ұрғылау, соққыласу.*

**САБАЛАСУ** *Сабалас етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАТ=** е т. *Ұрғылату, соққы беру.*

**САБАЛАТУ** *Сабалат етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛАУ** *Сабала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұрғылау.* **2.** *Құстың қанатын қаққылауы.*

**САБАЛУ** *Сабал етістігінің қимыл атауы.*

**САБАЛЫ** с ы н. **1.** *Көптеген сабасы бар, сабасаба.* **2.** а у ы с. *Етек-жеңі кең, мол денелі.*

**САБАЛЫҚ: сабалық шығын**. с у ш а р. *Сабалық кезеңдегі орташа су шығыны.*

**САБАН**[1] з а т. *Дәнді және ірі бұршақты дақылдарды бастырғаннан кейін қалатын құрғақ сабағы.*

**Сабан ақша.** қ а р а п. *Құнсызданып кеткен бұрынғы Кеңес Одағының ақшасы (рубль).* **Сабан құрлы салмақ жоқ.** *Жеп-жеңіл.*

**САБАН**[2] з а т. ж е р г. *Соқа.*

**Сабан айдау**. ж е р г. *Жер жырту.* **Сабанға шықты**. ж е р г. *Жер жыртуға шықты.*

**САБАНТАС** з а т. к ө н е. *Астық бастыратын тас.*

**САБАНТОЙ** з а т. э т н. *Егінді орып, бастырып болғаннан кейін өткізілетін той-мереке, қызық-думан.*

**САБАНХАНА** з а т. *Сабанды сақтайтын орын, жай.*

**САБАНШЫ**[1] з а т. *Сабан тасумен шұғылданатын адам.*

**САБАНШЫ**[2] з а т. ж е р г. *Соқашы, соқа айдаушы, егінші.*

**САБАНШЫ**[3] з а т. з о о л. <лат. felis manul> *Жыртқыштар отрядының мысық тұқымдасына жататын аң.*

**САБАНШЫ**[4]**=** з а т. к ө н е. а с т р. *Құс жолы.*

**САБАҢҚЫРА=** е т. *Ұрыңқырау, соғыңқырау.*

**САБАҢҚЫРАУ** *Сабаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**САБАСУ=** е т. **1.** *Киіз басатын, көрпе жасайтын жүнді сабаумен ұрғылап, ұйысын жазысу.* **2.** ж е р г. *Соғысу.*

**САБАТ**[1] з а т. **1.** *Шөбі шүйгін жер, көгал.* **2.** *Өзен жиегінен 2–3 метрдей қашықтықтағы сыз жер.*

**САБАТ**[2] с ы н. *Салқын (жер).*

**Сабат жер**. *Саялы салқын, сазды шалғын.*

**САБАТ**[3] з а т. *Салмақ, ауыртпалық.*

**Сабатын салу.** *Біреуге масыл болу, ауыртпалығын біреудің иығына арту.*

**САБАТ=** е т. *Ұрып-соққызу, соққыға жыққызу.*

**САБАТҚЫЗ=** е т. *Ұрып-соққыздыру, соққыға жыққыздыру.*

**САБАТҚЫЗУ** *Сабатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**САБАТТА=** е т. *Саялау, салқындау, көлеңкелеп тұру.*

**САБАТТАН=** е т. *Салқындау, салқын тарту, ылғалдану.*

**САБАТТАНУ** *Сабаттан етістігінің қимыл атауы.*

**САБАТТАУ** *Сабатта етістігінің қимыл атауы.*

**САБАТТЫ** с ы н. *Саялы, көгалды (жер).*

**САБАТТЫР=** е т. *Ұрғызу, соққыға жықтыру.*

**САБАТТЫРУ** *Сабаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**САБАТУ** *Сабат етістігінің қимыл атауы.*

**САБАУ**[1] з а т. э т н. *Жүннің ұйысқанын жазып, қопсыту, тазарту үшін қолданылатын, қабығы алынған кептірілген жіңішке талшыбық, жүн сабайтын құрал. // Жіңішке, сидиған.*

**Сабау тіс.** *Жылқының жал, құйрығын сүзіп тарау үшін қолданылатын құрал.* **Сабау қамшы, салт атты.** *Жалғыз-жарым, жырақ.*

**САБАУ**[2] *Саба етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұрып-соғу.* **2.** *Киіз жасайтын жүнді ұрғылап түту.*

**САБАУДАЙ** с ы н. **1.** *Ұп-ұзын, салалы, сойдиған.* **2.** а у ы с. *Мықты, берік, ірі.*

**САБАУҚОЙ** з а т. з о о л. <лат. ovis canadensis> *Қуысмүйіздiлер тұқымдасына жататын сүтқоректі.*

**САБАУЛА=** е т. *Сабаумен ұру, соғу.*

**САБАУЛАУ** *Сабаула етістігінің қимыл атауы.*

**САБАУШЫ** з а т. *Жүннің ұйысқанын жазып, тазартатын адам, сабау сабаушы.*

**САБАУШЫДАЙ** с ы н. *Сабаушы сияқты, сабаушы тәрізді.*

**САБАШЫ** з а т. т а р. *Қымыз ашытатын, қымыз дайындайтын қызметші.*

**САБАХ** [ар. صباح] з а т. е с к і к і т. *Таңғы мезгіл, таңертеңгі уақыт, таң.*

**САБАХШАМ** ү с т. к ө н е. *Ертелі-кеш.*

**САБЗА** з а т. к ә с. *Сүйегі жоқ жүзім сортының мейізі; мейіздің бір түрі.*

**САБО** з а т. <франц. sabot> *Ағаштан ойылып жасалған немесе табаны ағаштан жасалған аяқкиім.*

**САБОЗ** з а т. т а р. қ а р а п. *Әлеуметтік қамсыздандыру.*

**САБОТАЖ** з а т. т а р. *Бір нәрсенің нақтылы іске асырылуына қарсы астыртын әрекеттеніп, іріткі салу ісі.*

**САБУ** с ы н. ж е р г. *Сылбыр, баяу.*

**Сабу болды.** *Саябыр болды.*

**САБУР** з а т. *Көпжылдық өсімдік – алоэ жапырағының кептен шырыны.*

**САБЫЛ** з а т. е с к і к і т. *Жол бойындағы су ішетін, су таратылатын жер*

**САБЫЛ=** е т. **1.** *Әуре-сарсаңға түсу, құр сандалу.* **2.** *Аттың күні-түні мінілуі, ақ көбік болуы.* **3.** а у ы с. *Қаптау, қаумалау.* **4.** *Ары-бері жүру, сапырылысу.*

**Сабылған жылқы**. *Ақ көбігі шығарыла шауып келген жылқы.*

**САБЫЛДЫР=** е т. *Әуре-сарсаңға түсіру, құр сандалту.*

**САБЫЛДЫРУ** *Сабылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫЛТ=** е т. **1.** *Атты күні-түні міну, сенделту.* **2.** *Әуре-сарсаңға түсірту, сандалту.*

**САБЫЛТУ** *Сабылт етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫЛУ** *Сабыл етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫЛЫС** з а т. *Бос жүріс, құр әуре.*

**САБЫЛЫС=** е т. *Әуре-сарсаңға түсу, сапырылысу.*

**САБЫЛЫСУ** *Сабылыс етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫҚ: сабық құлақ.** ж е р г. *Салпаң құлақ.*

**САБЫН** з а т. *Сілті мен майдың қосындысынан жасалған, суда көбіктеніп еритін, кір жууға, жуынуға арналған жұмсақ, кесек немесе қою сұйық зат.*

**Сабының сақар болсын.** *т і л е к.* **Сабын бұлғау.** *Сақар қайнатып, қара сабын жасау.*

**САБЫНДА=** е т. *Сабынмен жуу, сабын езу, сабын жағу.*

**САБЫНДАҒЫШ** з а т. *Жаққыш (сақал-мұртты алғанда бетке көбік жағатын буда қыл).*

**САБЫНДАЙ** с ы н. *Сабын сияқты, сабын тәрізді.*

**Сабындай [сабынша] бұзылды.** *Аяқ астынан өзгерді, айнып қалды.*

**САБЫНДАЛ=** е т. *Сабынмен жуылу, сабын жағылу.*

**САБЫНДАЛУ** *Сабындал етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫНДАН=** е т. *Сабынмен жуыну.*

**САБЫНДАНДЫР=** е т. **1.** *Сабын жағып жуындыру.* **2.** *Көбіктену, көпіршіту.*

**САБЫНДАНДЫРУ** *Сабындандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫНДАНУ** *Сабындан етістігінің қимыл атауы.*

**Сабындану саны.** х и м. *Органикалық заттардағы бос және байланысқан қышқылдар мөлшерінің сипаттамасы [1 г үлгідегі бос*

*қышқылдар мен күрделі эфирлердің әрекеттесуіне керекті калий гидроксидінің мг мөлшерімен көрсетіледі].*

**САБЫНДАТ=** е т. *Сабын жаққызу, сабын пайдаландыру.*

**САБЫНДАТУ** *Сабындат етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫНДАУ** *Сабында етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫНДЫ** с ы н. *Сабын араласқан, сабын езілген.*

**САБЫНДЫҚ** с ы н. *Сабын жасауға керекті нәрсе.*

**САБЫНКӨК** з а т. ө с. <лат. scrophularia> *Сабынкөктер тұқымдасына жататын бір, екі немесе көпжылдық өсімдіктер.*

**Сабынкөктер тұқымдасы.** ө с. <лат. scrophulariaceae> *Сабын көктер тұқымдасына жататын өсімдіктердің жапырақтары көбіне кезектесіп, кейбір түрлерінде қарама-қарсы не жеке-жеке орналасады.*

**САБЫНСАЛҒЫШ** з а т. *Сабын салуға арналған қобдиша.*

**САБЫНСАУЫТ** з а т. *Сабын салуға лайықталған қуты.*

**САБЫНСУ** з а т. *Құрамында май қоспалары, қоректік заттар, ішінара бояулар болатын, шаш жууға арналған сұйық, жуғыш зат.*

**САБЫНСЫЗ** с ы н. *Сабынды пайдаланбай.*

**САБЫНТАМЫР** з а т. ө с. <allochrusa gypsophiloides> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САБЫНША** ү с т. *Сабын тәрізденіп, сабынға ұқсап.*

**Сабынша бұзылды [іріді].** *Аяқ астынан өзгерді.*

**САБЫНШӨП** з а т. ө с. <лат. saponaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық, дымқыл жерде өсетін майда жапырақты шөптесін өсімдік.*

**САБЫНШЫ** з а т. *Сабын жасаумен шұғылданатын адам, сабын қайнатушы.*

**САБЫР**[1] [ар. صبر] з а т. *Шыдам, тағат, төзім.*

**Сабыр айлады.** *Сабыр етті.* **Сабырдан айрылды.** *Тағаты таусылды, төзімі бітті.* **Сабыр етті [қылды].** *Абыржып саспады, өзін ұстады; тағат қылып шыдады.* **Сабыр қыл!** *Шыда, төзе біл.* **Сабыр сақтады.** *Өзін ұстады, шыдамдылық жасады.* **Сабыр суын қауғалады.** *Шыдам-төзім білдірді; асығыстық жасамады.* **Сабыр суы таусылды [түгесілді].** *Шыдамсыздық көрсетті.* **Сабыр таппады.** *Тағат қылмады, дегбірі қалмады.* **Сабыр таяғына таянды.** *Шыдамды таяныш, сүйеніш етті.* **Сабыр түбі – сары алтын.** *Шыдам, тағат арты – жақсылық; шыдам аяғы – игілік.* **Сабыры берік болды.** *Шыдамдылық көрсетті, төзді.* **Сабыры бітті.** *Шыдамы таусылды.* **Сабыры жетті.** *Сабыр сақтады, шыдады.* **Сабыры кетті.** *Шыдамы таусылды, төзімі бітті, қатты мазасызданды.* **Сабыры қалмады.** *Шыдамы таусылды, дегбірсізденді.* **Сабырын жұмсады.** *Бойын билеп, асқан сабырлылық танытты.* **Сабырын кетірді.** *Шыдамын алды, тағатын кетірді.* **Сабырын қайнатты.** *Шыдамын тауысты, ызасын келтірді, зығырданын қайнатты.* **Сабыры мойымады.** *Шыдам-тағаты таусылмады; тағат қып шыдады.* **Сабыры [сабыр суы] таусылды.** *Шыдамы бітті, төзбейтін күйге жетті.*

**САБЫР**[2]: **сабыр болды.** *Жауын-шашын көп жауып, жердің батпағы шығып, лайсаңға айналды.*

**САБЫРЛА**[1]**=** е т. *Саябырлау, баяулау.*

**САБЫРЛА**[2]**=** е т. ж е р г. *Батпақтау.*

**САБЫРЛАН=** е т. *Сабырлы қалыпқа келу, байсалды болу.*

**САБЫРЛАНУ** *Сабырлан етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫРЛАТ=** е т. *Батыру, батпақтату, малындыру.*

**САБЫРЛАТУ** *Сабырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫРЛЫ** с ы н. *Ұстамды, байыпты, салмақты.*

**САБЫРЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Сабырлылық.***

**Сабырлық кетті.** *Шыдамы таусылды, тағатсызданып, мазасызданды.* **Сабырлық қылды [етті].** *Ұстамдылық танытты, өзін байсалды ұстады.*

**САБЫРЛЫЛАУ** с ы н. *Салмақтылау, ұстамдырақ, байсалдырақ.*

**САБЫРЛЫЛЫҚ** з а т. *Адам мінез-құлқына тән байыптылық пен ұстамдылықты білдіретін асыл қасиет, ұстамдылық, салмақтылық, шыдамдылық.*

**САБЫРЛЫРАҚ** с ы н. *Салмақтырақ, ұстамдырақ.*

**САБЫРСУ** *Сабырсы етістігінің қимыл атауы; саябырсу.*

**САБЫРСЫ=** е т. с ө й л. *Саябырсу.*

**САБЫРСЫЗ** с ы н. *Шыдамсыз, тағаты жоқ.*

**САБЫРСЫЗДАН=** е т. *Мазасы кету, шыдамсыздану, тағат таппау.*

**САБЫРСЫЗДАНУ** *Сабырсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САБЫРСЫЗДАУ** с ы н. *Шыдамсыздау, тағатсыздау.*

**САБЫРСЫЗДЫҚ** з а т. *Шыдамсыздық, тағатсыздық.*

**Сабырсыздық қылды [етті].** *Шыдамсыздық танытты, төзімсіздік көрсетті.*

**САБЫР-ТАҒАТ** з а т. *Шыдам, төзім.*

**Сабыр-тағат қылды.** *Сабырлық сақтады, төзді.*

**САБЫР-ТАҚАТ** з а т. с ө й л. ***Сабыр-тағат.***

**САБЫРШЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Сабырлылық.***

**САБЫС: сабыс болды.** ж е р г. *Әбігерленді, әрлі-берлі сапырылысып жүрді.*

**САБЫТ** з а т. ж е р г. *Тауқымет, ауыртпалық.*

**Сабытын салды [артты].** *Тауқыметін тарттырды, ауыртпалық түсірді.*

**САВАННА** [исп. sabana] з а т. г е о г р. *Тропиктік ормандар мен шөлдер аралығындағы биом түрі.*

**САГА** [сканд. saga] з а т. ә д е б. *Тарихи оқиғаларды, батырлардың ерлігінен сан алуан тақырыптарды қамтитын аңыз, әңгіме, хикая, жыр секілді кейбір еуропа халқының эпостық туындылары.*

**САГО** з а т. т а м а қ. *Саго пальмасының түйіршікті крахмалынан немесе осы тектес картоп, жүгері крахмалдарынан алынған жарма.*

**САГОВНИКТЕР** [лат. cycadorsida] з а т. ө с. *Мезозой заманының соңғы карбон кезеңінде белгілі болған жалаңаш тұқымдылар класының өкілі.*

**САҒ** з а т. е с к і к і т. *Сау, аман-есен.*

**САҒА**[1] з а т. **1.** *Тау сілемінің қабысып-түйіскен жері.* **2.** *Сай-саланың, өзен-судың негізгі арнаға келіп құяр жері.* **3.** *Қылыштың, пышақтың т.б. сабы мен темірінің қосылған жері.* **4.** ж е р г. *Үйдің жоғарғы жиегі.* **4.** а у ы с. *Шыққан тегі, арғы атасы.* **5.** а у ы с. *Ұғым, түсінік, мағына.* **Сағадан көрді.** ж е р г. *Жақыннан көрді.*

**САҒА**[2] з а т. а н а т. <лат. vestibulum> *Пішіні қуысты шар тәрізді ішкі құлақ бөлігі.*

**САҒАДАТ** з а т. е с к і к і т. *Бақыт; мерей, аман-есендік; мәртебелі.*

**САҒАҚ**[1] з а т. **1.** *Жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.* **2.** *Малдың бауыздайтын жері, шықшыттың астыңғы жағы.* **3.** *Балықтың аузының жақ орнындағы астындағы бөлігі, желбезектің астыңғы жағы.* **4.** *Бір нәрсенің екінші нәрсемен түйіскен жері.* **5.** б и о л. *Өсімдік жапырағының сабаққа бекінетін жіңішкерген бөлігі.*

**Сағағын айырды.** ж е р г. *Егіннің пісуі немесе пісе бастауын білдіретін жетілу кезеңі.* **Сағағынан үзілген.** *Бабына келген тұлпардың сынын білдіретін әсем, сұлу деген мағынадағы қолданыс.*

**САҒАҚ**[2] с ы н. ж е р г. *Ноқталық.*

**САҒАҚ**[3] з а т. м у з. *Домбыраның мойынғағы мен қақпағының қиысқан жеріне жапсырылатын, перненің де рөлін атқаратын қатты зат.*

**САҒАҚТА=** е т. *Сағағына дейін ену.*

**САҒАҚТАТ=** е т. *Сағағына дейін батыру, бойлатып енгізу.*

**САҒАҚТАТУ** *Сағақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАҚТАУ** *Сағақта етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАҚТЫ** с ы н. *Сағағы үлкен, кең, ұзын.*

**САҒАҚТЫҚ** з а т. *Жылқының сағалдырық салатын алқым жағы.*

**САҒАЛ**[1] з а т. з о о л. *Балықтың дене мүшесі.*

**САҒАЛ**[2] с ы н. *Сарғыш, сарғылтым тартқан.*

**САҒАЛА=** е т. *Паналау, қорғалау.*

**САҒАЛАС** с ы н. *Сағасы бір, бір сағаға баратын.*

**САҒАЛАТ=** е т. *Бір нәрсені сағасына дейін бойлатып кіргізу.*

**САҒАЛАТУ** *Сағалат етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАЛАУ** *Сағала етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАЛДА=** е т. *Сағал-сағал ету, кір-қожалақтандыру.*

**САҒАЛДАН=** е т. *Сағал-сағал болу, кір-қожалақтану.*

**САҒАЛДАНУ** *Сағалдан етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАЛДАУ** *Сағалда етістігінің қимыл атауы.*

**САҒАЛДЫРЫҚ** з а т. э т н. *Аттың алқымы мен сағақ тұсын басып тұрған жүген ноқтаның бөлігі, қайыс бүлдіргі.*

**САҒАЛ-САҒАЛ** с ы н. *Жолақ-жолақ, қожалақ-қожалақ.*

**САҒАЛЫ** с ы н. *Сағасы бар, сағасы үлкен.*

**САҒАЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Сағақ.***

**Сағалық жал.** г е о г р. *Өзен сағасының айналасында су тая̧з тұстарда тұнбаның шөгуінен пайда болатын жал.* **Сағалық өзек.** а н а т. *Иірімді ұлу түтігінің ішкі құлақ сағасымен жалғасатын жоғарғы өзегі.* **Сағалық мүше.** а н а т. <лат. apparatus vestibularis> *Жануарлар басының кеңістіктегі орны мен қозғалу жағдайын қабылдайтын сезім мүшесі.* **Сағалық теңіз кемері.** г е о г р. *Сағалық ұлескінің төменгі шекарасынан (теңіз етегі), өзен суының теңіз режиміне әсері тым әлсіз, бірақ судың тұздылығы тез өзгеретін аймаққа дейінгі кеңістік.* **Сағалық шытырман.** а н а т. <лат. labyrinthus vestibularis> *Ішкі құлақ кіреберісіндегі бір-бірімен өзара эндолимфалық өзек арқылы жалғасқан сопақ және дөңгелек қапшықтары қабырғаларын құрайтын сүйектік және жарғақтық шытырман.* **Сағалық ядролар.** а н а т. <лат. nuclei vestibulares> *Сопақша мидағы тепе-теңдік сақтау талдағышының аралық орталықтары.*

**САҒАН**[1] з а т. ж е р г. **1.** *Темір табақ.* **2.** *Қымыз құйған ыдыс.*

**САҒАН**[2] зат. өс. жерг. *Жіңішке, биіктігі 5–6 см, күзге қарай шығатын майда тікенекті өсімдік.*

**САҒАНА** зат. көне. этн. *Өлген адамның басына тұрғызылатын күмбез үй, ғимарат.*

**САҒАНАҚ**[1] зат. **1.** этн. *Керегенің жеке ұзын таяғы.* **2.** *Екі керегенің қосылған, байланысқан жері.*

**САҒАНАҚ**[2] зат. сөйл. ***Сағақ.***

**САҒАНАТАМ** зат. сәулет. этн. *Шаршы үлгідегі, төбесі ашық, алдыңғы және артқы қабырғалары еңселі болып келетін Маңғыстау өңірі ескерткіштерінің бір түрі.*

**САҒАТ** [ар. ساعة] зат. **1.** *Тәулік ішіндегі уақытты өлшейтін, секунд пен минутты және сағатты есептейтін үш тілі бар, дөңгелек пішінді, қабырғаға іліп қоятын, не қолға тағатын құрал.* **2.** *Алпыс минутке тең уақыт өлшемі.* **3.** *Белгілі бір мерзім, уақыт, сәт.* **4.** пед. *Мектепте, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында шәкірттерге білім берілетін уақыттың 45, 80, 50 минутке тең өлшемі.* **5.** пед. *Бір сыныпта белгілі бір пән бойынша оқытылуы тиіс сабақ саны, мөлшері.* **6.** *Бір сәт, бір мезет.*

**Сағат бау.** *Сағатқа тағылатын металдан, былғарыдан т.б. жасалған бау.* **Сағат жөндеу шеберханасы.** *Бұзылған сағаттарды жөндейтін арнаулы орын.* **Сағат салды.** жерг. *Сағат тақты.* **Сағаты бітті [жетті].** *Өмірі таусылды; өлшеулі күні жетті, өлді.* **Сағат санап.** *Сағат сайын.* **Сағаты жетті.** *Өмірі таусылды; өлшеулі күні жетті.*

**САҒАТБАУ: сағатбау өрнегі**. қолөнер. *Кесте өрнегінің аты.*

**САҒАТҚЫ** сын. *Бір сәттік, бір мезгілдік, уақытша.*

**САҒАТТАЙ** сын. *Сағат шамасы, сағатқа тең уақыт.*

**САҒАТТАП** үст. *Ұзақ, көп уақыт бойы.*

**САҒАТТЫҚ** сын. *Уақыттық, сағатқа созылған.*

**САҒАТШЫ** зат. **1.** *Сағатты жөндеп-түзеумен шұғылданатын адам.* **2.** жерг. *Сағат сатушы.*

**САҒАТЫНДА** зат. *Кезінде, уақытында, мерзімінде.*

**САҒДАР** зат. *Шөптің мал жегеннен қалған қалдығы, сояуы, қәшегі.*

**САҒДАР-СОЯУ** зат. *Шөп қалдығы, сояу, сағдар барлығы.*

**САҒИ** зат. ескі кіт. *Сау, саламат.*

**САҒЫ**: **сағы сынды**. *Тауы шағылды, беті қайтты.* **Сағын сындырды.** *Тауын шақты, бетін қайтарды.*

**САҒЫЗ** зат. **1.** өс. *Түбінде сағызы бар, биіктігі 20–30 см-дей үлкен болып сирек өсетін өсімдік түрі.* **2.** биол. <лат. chondrilla> *Қылқан жапырақты (қарағай, шырша ағаштардың діндерінен зақымданғанда ағатын шайыр зат (терпентин).*

**САҒЫЗДАЙ**: сын. *Сағыз сияқты.*

**Сағыздай созды**. *Мәселені тез шешпей, ұзатып салды, созбақтады.*

**САҒЫЗДАЛ=** ет. сөйл. ***Сағыздан.***

**САҒЫЗДАЛУ** *Сағыздал етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫЗДАН=** ет. *Бір-біріне кірігу, тығыздану, созылу.*

**САҒЫЗДАНУ** *Сағыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫЗДАУ** сын. *Ақырын, жай, бәсең.*

**САҒЫЗША** үст. *Сағыз сияқтанып, сағызға ұқсап.*

**САҒЫМ** зат. физ. <франц. mirage> **1.** *Ауаның біркелкі қызбауына байланысты нысанның бір немесе бірнеше жалған бейнесі байқалатын оптикалық құбылыс.* **2.** ауыс. *Бұлдыр, күңгірт, бұлыңғыр ой, нәрсе.* **3.** ауыс. *Қол жетпес, арман.* **4.** ауыс. *Айнымалы, құбылмалы.*

**Сағым болып бұлдырады.** *Алыстан мұнарту, көз жетпес жерден елес беру.* **Сағымға садақ ілдірген**. көне. миф. *Тәңірден ерекше қасиет дарыған (адам) [Ертедегі аңыз бойынша, Шыңғысханның арғы аналарының бірі –Алон Гоаның есімімен байланысты. Алан Гоаның қайтыс болған күйеуінен екі бала қалады. Бірде Алан Гоа түс көреді. Түсінде бір ақ киімді кісі Алан Гоаның үстінен сақалымен сипап өтеді. Содан кейін аяғы ауыр болып, ұлды болады. Бір-бірімен қырғи-қабақ болған балаларына шешесі: –Үшеуің де бір-біріңе жат емессіңдер, сенбесеңдер, мына үш садақтың оғын үшеуің аспанға атыңдар, – дейді. Сөйтіп, үш баланың екеуі сдақтың оғын аспанға атқан кезде оқтары ұшып барып қайтадан жерге түседі. Ал үшінші баланың атқан оғы ұшып барып ауада қалқып тұрып қалады. Сондықтан оны Тәңір ерекше қасиет дарытқан бала деп таниды].* **Сағым дала.** *Ұшы-қиыры көзге көрінбейтін шексіз, кең дала.* **Сағым қуды**. *Қол жетпеске ұмтылды, дәме етті.* **Сағым құшты.** *Шарықтады, көкке самғады, шалықтады.* **Сағым кешті.** поэт. *Жапан далада ұзақ жүрді, қаңғырды.*

**САҒЫМДАЙ** сын. *Сағым сияқты, көз жеткісіз, алыс, бұлыңғыр.*

**Сағымдай құбылды.** *Әртүрлі күйге түсті, өзгерді, сан саққа құбылды.*

**САҒЫМДАЛ=** ет. *Сағымдану, бұлыңғырлану.*

**САҒЫМДАЛУ** *Сағымдал етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫМДАН=** ет. *Мұнарту, бұлдырау.*

**САҒЫМДАНУ** *Сағымдан етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫМДЫ** сын. *Сағым араласқан, сағым басқан.*

**САҒЫМША** үст. *Сағым тәрізденіп, сағымға ұқсап.*

**САҒЫН** зат. көне. *Бекініс, қорған.*

**САҒЫН=** ет. *Көруге құмарту, аңсау, үнемі аңсары ауып, ойлап жүру.*

**САҒЫНА** зат. жерг. *Мұнара.*

**САҒЫНҒЫШ** сын. *Аңсағыш, зарыққыш.*

**САҒЫНДЫР=** ет. *Аңсату, асықтыру, көруге құмар қылу.*

**САҒЫНДЫРУ** *Сағындыр етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫНТ=** ет. *Аңсарын аудару, зарықтыру.*

**САҒЫНТУ** *Сағынт етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫНУ** *Сағын етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Аңсаушылық, құмартушылық.*

**САҒЫНЫС=** ет. *Бірін-бірі көруге құмартысу, құштарлану.*

**САҒЫНЫСУ** *Сағыныс етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫНЫШ** зат. *Аңсаған тілек, құмартқан сезім.*

**Сағыныш арқалады.** стиль. *Сағынды, сағынышын жүрегінде сақтады.* **Сағыныш биледі.** *Сағынды, аңсады.* **Сағыныштан сарғайды.** *Бір көреуге зар болды, шыдамы әбден таусылды.*

**САҒЫНЫШТЫ** сын. *Сағына күткен, зарыққан, әбден сағынған.*

**САҒЫР**[1] зат. археол. *Қола дәуірі мен орта ғасырлар аралығындағы тастарға шекілген суреттер.*

**САҒЫР**[2] [ар. صغير] сын. көне. *Бейшара, байғұс, қорғансыз.*

**САҒЫР**[3] зат. жерг. *Шөп-шаламнан қалған қалдық, кәшек.*

**САҒЫР** сын. жерг. *Балиғатқа толған жас бала.*

**САҒЫРДАН** зат. жерг. *Малға салынған шөптің қалдығы.*

**САҒЫРДАҢ** зат. жерг. ***Сығырдаң.***

**САҒЫРЛА=** ет. *Сағыр жеу, шөптің қалдығын талғажау ету.*

**САҒЫРЛАУ** *Сағырла етістігінің қимыл атауы.*

**САҒЫРЛЫҚ** зат. жерг. *Бұзықтық, тентектік.*

**САДА**[1] зат. жерг. **1.** *Ешкіммен шаруасы жоқ, өз бетінше жүрген адам.* **2.** *Аңқау, адал адам.*

**САДА**[2] сын. көне. *Тартылған, керілген.*

**Садағын сада байлады.** *Жақтың адырнасын керіп байлады.*

**САДАҒА** [ир. صدقة] зат. *Бір нәрсенің жолына айтылған, құрбан етілген қимас нәрсе.*

**Садаға болды.** *Жанын қиды, құрбан болды.* **Садаға кет [кеткір]**. қарғ. *Тырнағына татымайсың, басқан ізіне тұрмайсың деген мағынада.* **Садағаң болайын.** этн. *Құрбаның болайын, шыбындай жаным сенің жолыңда болсын.* **Садағаң [садаға] кетейін.** *Біреуге ризалық білдіргенде, разы болып айналып-толғанғанда, жалынып-жалбарынғанда айтылатын құрбаның болайын, шыбындай жаным сенің жолыңда болсын деген мағынадағы сөзқолданыс.*

**САДАҒАЛА=** ет. *Садаға қылып шығарып тастау, құрбан қылу.*

**САДАҚ**[1] зат. 1. көне. этн. *Тобылғы, үйеңкі т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасаған жебе атуға арналған қол қаруы.* 2. спорт. *Жақ ағашынан және адырнадан тұратын қару.*

**Садағы сағымға тоқтады.** *миф. көне.* *Тәңірден ерекше қасиет дарыған адам хан сайланды.* **Садақ жебесі.** *Садақ оғы.* **Садаққа салар**. *Жебе.* **Садаққа салған бұлдай.** *Қымбат пұлға сатып алғандай (бірде құлың, бірде пұлың деген мағынада).* **Садақ мойнын иілтті.** поэт. *Аққудың әдемілігіне қатысты әсем, ұзын мойнын иді деген мағынадағы қолданыс.* **Садақ сыртты күпшек сан.** *Домбыт, жарау, сом тұлғалы ат.* **Садақтан тартқан оқтай.** *Тып-түзу, тып-тура, тіп-тік.* **Садақ тартты**. *Садаққа жебесін салып, оқ атты.* **Садақ тарту**. *Байырғы спорт түрлерінің бірі. Әйелдер арасында 30, 50 және 70 м. Ерлер арасында 30, 50, 70 және 90 м. Қашықтықтарда өтетін.* **Садақ тарту тәсілі.** *Ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қолданылған тәсіл.* **Садақты қасқая тартты** [садақты ширене тартты]. *Қаруды бар күшімен атты.* **Садақтың саржасындай.** бейн. *Оқтай түзу.*

**САДАҚ**[2] зат. жерг. көне. *Кәрі жіліктің жанында жабысып тұратын жіңішке сүйек.*

**САДАҚА** [ар. صدقة] зат. **1.** діни. *Исламда Алла тағаланың сауабын алу үшін қайырымдылық мақсатында мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай немесе заттай көмек, қайыр, құдайы.* **2. Садаға.**

**Садақа алды.** *Қайырға берілген тиын-тебен, мүлікті алды.* **Садақа берді.** діни. *Қайырға зат-дүниесін (ақысыз) берді, таратты.* **Садақа беру.** діни. *Қайыр, құдайы беру.* **Садақа болды.** *Басын құрбан етті.* **Садақаға берді.** *Құрбан етті.* **Садақа етті [қылды]. Садақаға шығарды.** *Керектен, есептен, санаттан шығарып, қатарға қоспай қойды. Құдайы ретінде үлестіріп берді.* **Садақа кет.** ***Садаға кет*.** **Садақа Құран.** діни. *Өлген адамға бағышталып берген аста оқылатын құран сурелері.* **Садақа нәзір.** *Садақа таратты, құдайы берді.* **Садақа таратты.** *Дүние-мүлкінен бір бөлігін елге үлестірді.*

**САДАҚАЛА=** ет. *Садақа қылып шығару.*

**САДАҚАЛАУ** *Садақала етістігінің қимыл атауы.*

**САДАҚ-ЖАЙ** зат. көне. *Садақ және оның оғы.*

**САДАҚША** үст. *Садақ сияқтанып, садаққа ұқсап.*

**САДАҚШЫ** зат. *Садақ атудан мерген адам; садақпен қаруланған жауынгер.*

**САДАН**[1] зат. *Бет-жүзі, кескін-келбеті.*

**САДАП**[1] зат. сөйл. ***Сәдеп.***

**Садап сапты қанжар.** *Сәдеп ұстатып, әшекей салған қанжар.*

**САДАП**[2]**: садап қарады.** *Әр қырынан байқап көрді.*

**САДИЗМ** зат. *Біреуді азаптауға, қорлауға құмарлық.*

**САДИК** сын. *Әділетті, шыншыл.*

**САДИСТ** зат. *Біреуді азаптағанды, қорлағанды ұнататын ләззат алатын адам.*

**САДР** [ар. صدر] зат. тар. *Бұхара қаласында рухани билік пен өкімет билігін қатар ұстаған Бұрхан әулетінен шыққан билеушілердің лауазымы.*

**САДЫҚ** сын. ескі кіт. *Шыншыл, әділетті; қасиетті.*

**САДЫР** зат. ескі кіт. *Көкірек, жүрек; алдында, алда; құрметті орын*

**САДЫП** зат. көне. **Сәдеп.** *Қымбат бағалы тастың түрі.*

**САДХУ.** сын, діни. *Қасиетті, әулие.*

**САДЫР: садыр айғыр.** этн. *Қарлы боранда жау шапқанда т.б. төтенше жағдайда үйір-үйір жылқыны соңынан ертетін, қауіп-қатерді дер кезінде сезетін, ит-құсқа үйірін алдырмайтын мықты, күшті, сақа айғыр.*

**САДЫРА** зат. *Малдың қиы мен зәрі араласқан қоймалжың зат.*

**Садыра ағындысы.** *Мал қорадан шыққан органикалық заттары мол ақаба сулар.*

**САДЫРАЛА=** ет. *Малдың іші өту, тышқақтау.*

**САДЫРАЛАУ** *Садырала етістігінің қимыл атауы.*

**САДЫРАЛЫ** сын. *Былғанышты, ластанған.*

**САЕНТОЛОГ** [лат. scio. және грек. logos] зат. *Ғылымға жартылай жуық әрі діни сипатты да бар, мансапқа ұмтылған, табысқа кенелгісі келген адамдарға бағытталған, сенім ұялататын, практикалық кеңес беретін адам (адамдар тобы).*

**САЕНТОЛОГИЯ** [scientology] зат. *Жартылай ғылыми, әрі діни сипаты бар, мансап пен жетістікке жетуде бағыт сілтейтін, кеңес беретін оқу.*

**САЖЕН** зат. *Биіктік өлшемі.*

**САЖЫН** ор. зат. *Үш кезге парапар (2,13 м) ұзындық өлшемі.*

**САЗ**[1] зат. **1.** *Су араласып, батпаққа айналған топырақ, лай.* **2.** *Көгалы қалың өскен, дымқыл кең алқап.* **3.** геол. *Құрамының басым көпшілігін сазды минералдар құрайтын, дәнекерленіп қатаймаған шөгінді таужыныстар.*

**Саз балшықтай иледі.** бейн. *Әбден мылжалады, жұмарлады, умаждады.* **Сазбен емдеу.** мед. *Су қоймалары түбіндегі балшықты, батпақты т.б. емдік қасиеті бар шөгінділермен немесе табиғаттағы органикалық заттардан құралған батпақпен ванна, қыздырылып басылу т.б. түрінде қолдану арқылы әртүрлі сырқатты емдеу әдісі.* **Саз бет.** *Ұялып-қызармайтын, ұятсыз, бетсіз.* **Сазға отырғызды**. *Алдап кетті, қапыда қалдырды, жер соқтырып кетті.* **Саздардың генетикалық типтері.** геол. *Әртүрлі жағдайда қалыптасқан сазды таужыныстардың литологиялық белгілері бойынша ажырайтын типтері.* **Саздардың минералдық типтері.** геол. *Минералдық құрамы бойынша бөлінетін түрлері.* **Саздардың фациялық типтері.** геол. *Сазды материалдардан әртүрлі физикалық-географиялық және геохимиялық ортада шөгу жағдайына қарай бөлінуі.* **Саз жер.** *Ылғалды, дымқыл жер.* **Саз иледі.** *Кірпіш сияқты құрылыс материалын жасау үшін батпаққа су т.б.*

**САЗ**[2] зат. **1.** *Үн, әуез, ырғақ. // Мәнді, мағыналы, маңызды.* **2.** ауыс. *Жай, жағдай, күй.*

**САЗ**[3] зат. муз. *Шертіп ойнайтын шекті аспап.*

**САЗ**[4]: **таң саз берді**. *Таң бозамықтанып ата бастады.*

**САЗ**[5]: **жүрегі сазды**. *Қарны ашып, тамақ ішкісі келді.*

**САЗ**[6]**: саз болды.** *Дәл, сай болды, бабында болды.*

**САЗА** зат. сөйл. ***Жаза.***

**Сазасын берді**. *Сазайын берді, есесін қайтарды, көресіні көрсетті.* **Сазасын тартты**. *Жазасын тартты.*

**САЗАЙ** зат. сөйл. ***Саза.***

**Сазайын берді [тартқызды]**. а) *Көресіні көрсетті, мықтап жазалады.* ә) *Әкесін танытты, өкіртті.* **Сазайын тартты [алды].** *Өз істегені өзіне келді, есесі қайтты.*

**САЗАН** зат. зоол. <лат. cyprinus carpia> *Тұқы тұқымдасына жататын балық.*

**САЗАНДА** зат. ескікіт. *Сазгер, әнші.*

**САЗАНДАЙ** сын. *Ортан қолдай, аяқ-қолы балғадай, келісті.*

**САЗАР=** ет. *Мелшиіп қарап қалу, бедірею, безеру.*

**САЗАРТ=** ет. **1.** *Түсін суыту, ызбарландыру.* **2.** *Ұзақ күттіру, сарғайту.*

**САЗАРТУ** *Сазарт етістігінің қимыл атауы.*

**САЗАРУ** *Сазар етістігінің қимыл атауы; безеру, ызбарлану.*

**САЗАРЫҢҚЫ** сын. *Ашулы, ызалы, түнеріңкі.*

**САЗАРЫС** зат. *Ашулы, сұрланған қалып, күй.*

**САЗАРЫС=** ет. *Безерісу, ызбарланып, түстерін суытысу.*

**САЗАРЫСУ** *Сазарыс етістігінің қимыл атауы.*

**САЗБАЛШЫҚ** зат. **1.** геол. тех. *Аллюминий тотығының әрқилы түрлерінен тұратын кристалды гидроскопиялық ұнтақ.* **2.** *Құрылыс жұмыстары және қыш бұйымдар жасауда қолданылатын кейбір түрінің емдік қасиеті бар балшық түрі.* **Сазбалшық араластыру.** сушар. *Мелиорациялық әдістің бір түрі; құм-құмайтты топыраққа немесе шымтезекке саз балшық қосып араластыру арқылы топырақтың құрамы мен физикалық қасиетін жақсарту.*

**САЗБАЛШЫҚТАЙ** сын. *Сазбалшық сияқты.*

**Сазбалшықтай иледі.** а) *Саз балшық сияқты жаншыды, езді.* ә) *Таптады, жеңді.* **Сазбалшықтай.** *Саз балшық сияқты езілген, жұмсақ қалай илесең де көнетін.*

**САЗБАЛШЫҚТЫ** сын. *Сазбалшығы бар.* **Сазбалшықты көл.** *Түбін лай немесе балшықтың қалың қабаты басқан көл.*

**САЗБЕТТЕН=** ет. *Сұрлану, сазару.*

**САЗБЕТТЕНУ** *Сазбеттен етістігінің қимыл атауы.*

**САЗДА**[1]**=** ет. *Батпаққа батып қалу, жердің миы шығу.*

**САЗДА**[2]**=** ет. *Нәшіне келтіру, баптау.*

**САЗДАҚ** зат. геол. *Құм-сазды түйірлерден тұратын болбыр шөгінді тау жынысы. // Саздауыт, сазды.*

**САЗДАҚШӨП** зат. өс. < лат. limnas> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САЗДАН=** ет. **1.** *Сазға айналу, лайлану.* **2.** ауыс. *Ызбарлану, түсін суыту.*

**САЗДАНУ** *Саздан етістігінің қимыл атауы.*

**САЗДАУ**[1] зат. *Сазды, батпақты, ылғалды жер.*

**САЗДАУ**[2] сын. *Саздауыт, саздақ.*

**САЗДАУ**[3] *Сазда етістігінің қимыл атауы.*

**САЗДАУЫҚ** сын. *Саздақ, сазды.*

**САЗДАУЫҚТАУ** сын. *Саздау, саздылау.*

**САЗДАУЫТ** сын. *Саздақ, сазды (жер).*

**САЗДАУЫТТЫ** сын. *Сазы көп, сазы мол (жер).*

**САЗДЫ**[1] сын. *Батпақты, миы шыққан.*

**Сазды тақтатастар.** геол. *Метаморфизм әсерінен сазды минералдары гидрослюдаларға, хлоритке т.б. қосылыстарға айналған шөгінді тау жынысы.* **Сазды таужыныстардың илемділігі.** геол. *Сазды таужыныстардың өзінің тұтастық қалпын үзбей, сыртқы күштің әсерінен пішінін өзгертіп, бұл әсер тоқтағаннан кейін пайда болған жаңа пішінді сақтап қалу қабілеті.* **Сазды шөгінділер.** геол. *Негізінен саз минералдарынан тұратын шөгінділер.*

**САЗДЫ**[2] сын. *Әуенді, әуезді.*

**САЗДЫҚ**[1] сын. сөйл. ***Саздылық.***

**САЗДЫҚ**[2] сын. *Сазы (батпағы) бар, соған қатысты.*

**Саздық минералдар.** геол. *Негізінен алюминий мен магнийдің, т.б. элементтердің сулы силикаттары мен алюмосиликаттарынан тұратын минералдар жиынтығы.*

**САЗДЫЛЫҚ** зат. *Әуезділік, әуенділік.*

**САЗДЫР**: **жүрек саздырды**. *Қарнын аштырып, тәбетін оятты.*

**САЗЖАПАЛАҚ** зат. зоол. <лат. asia flammeus> *Жапалақ тәрізділер отрядына жататын, құлағының ұшында 3-4 қысқа қауырсыны бар жыртқыш түн құсы.*

**САЗКӘМШАТ** зат. зоол. <лат. myocastor coypus> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын кеміруші.*

**САЗҚАЗАНАҚ** зат. өс. <лат. ledum palustre> *Вересктер тұқымдасы қазанақ туысына жататын мәңгі жасыл бұтасын өсімдік.*

**САЗ** зат. есікіт. *Саз аспабы.*

**САЗСЫРНАЙ** зат. муз. этн. *Саздан жасалған, пішіні құстың үлкен жұмыртқасындай, іші қуыс, екі жақ бүйірінде бірнеше тесігі болатын, үні ашық, нәзік қазақтың көнеден келе жатқан ұлттық үрлемелі музыкалық аспабы.*

**САЗТАС** зат. геол. *Саздардың диагенез және эпигенез жағдайларында барынша шымырланып қатаюы нәтижесінде қалыптасатын шөгінді таужыныс.*

**САЗТОПЫРАҚ** зат. хим. *Химиялық құрамы алюминий тотығына* ($Al_2O_3$) *сәйкес келетін минералдар тобы.*

**САЗЫРАЙ=** ет. *Сазару, қуару, сұрлану.*

**САЙ**[1] зат. **1.** *Үлкен жыра, аңғар, ойпаң жер, қолат.* **2.** геогр. *Көбіне құрғақ, кейде маусымдық су ағатын, беткейі көлбеулене келген ұзын ойыс.* **3.** ауыс. *Пана боларлық жер.*

**Сайда саны, құмда ізі жоқ.** а) *Басы бірікпеген, шашыранды.* ә) *Берекесіз, елеусіз, есепте жоқ.* б) *Үшті-күйді жоқ, дерексіз.* **Сайда санын, құмда ізін қалдырмады.** *Түк қалдырмай, орнын сипарлық етіп жоқ етті, құртты, жойды.* **Сайдың тасындай.** *Ірі, күшті, жарамды, іріктелген деген мағынада.* **Сай сүйекті сырқыратты [шымырлатты].** *Қайғыртып егілтті, күйзелтті.*

**САЙ**[2] з а т . э т н . *Баскиімнің құранды бөліктері.*

**САЙ**[3] с ы н . **1.** *Сәйкес, үйлесімді, лайық, дәл.* **2.** *Дайын, әзір.*

**Сай келді.** *Тура, дәл, ұқсас, бірдей соғып жатыр, тең келді.*

**САЙ=** е т. *Белгілі бір арнаға ойысу, тірелу.*

**Сайып келгенде.** а) *Жеме-жемге келгенде, шынтуайтында.* ә) *Қорыта айтқанда.*

**САЙАД** з а т . е с к і к і т . *Аңшы, аулаушы; ұстаушы.*

**САЙБАҒЫСТАП: сайбағыстап ұстады.** ж е р г . *Сындырмай ұстады, таза ұстады.*

**САЙГЕЛ** з а т . с ө й л . ***Сәйгел.***

**САЙГҮЛІК** з а т . э т н . *Шашасына шаң жұқпас жүйрік ат.*

**САЙҒАҚ**[1] з а т . **1.** *Бір нәрсені ұруға арналған қатты ағаш; сойыл.* **2.** *Зираттың басына белгі ретінде қойылатын таяқ, діңгек ағаш.*

**САЙҒАҚ ШӨП: сайғақшөп иттабан.** ө с. <лат. frankeniaceae hirsuta>. *Иттабандар тұқымдасы иттабан туысына жататын Қазақстанда кездесетін өсімдіктің бір түрі.*

**САЙҒАҚ**[2] з а т . з о о л . <лат. sajgu tatarica> *Жапан түзде үйір-үйір болып тіршілік ететін аң, ақбөкен.*

**САЙҒАҚТАЙ** с ы н . *Сайғақ сияқты, белгі ретінде.*

**САИД** з а т . е с к і к і т . 1. *Ханым* 2. *Мырза, қожа.*

**САЙДА** [pollachius virens] з а т . з о о л . *Нәлім тұқымдасына жататын, ұзындығы –115–120 см, массасы – 10 кг шамасындағы теңіз балықтарының бірі.*

**САЙДАҚ**[1] с ы н . к ө н е . *Ығай мен сығай, саңлақ.*

**САЙДАҚ**[2] з а т . ж е р г . ***Сайғақ* (1).**

**САЙДАҚТАЛ=** е т. *Іріктелу, оқшаулану.*

**САЙДАҚТАЛУ** *Сайдақтал етістігінің қимыл атауы.*

**САЙДАҚТАТ=** е т. *Айбақ-сайбақ ету, арбиту, сойдақтату.*

**САЙДАҚТАТУ** *Сайдақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САЙДАҚЫ** с ы н . ж е р г . *Қу, сұм, зымиян; сайқал.*

**САЙДАУЫЛ** с ы н . *Таңдаулы, таңдамалы, сайдақ.*

**САЙДАУЫТ** с ы н . *Сайдақ, ірі; сайдауыл.*

**САЙДАУЫТТАЙ** с ы н . *Күшті, жарамды, сақадай сай, іріктелген деген мағынада.*

**САЙДЫР=** е т. *Жатқызу, айналдыру.*

**САЙДЫРУ** *Сайдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЙҚАЛ** с ы н . *Алдамшы, әзәзіл, жалған, сиқыр. // Жеңіл жүріске салынған, жүргіш әйел.*

**САЙҚАЛДАН=** е т. *Көлгірсу, әзәзілдену, қитұрқылану.*

**САЙҚАЛДАНУ** *Сайқалдан етістігінің қимыл атауы.*

**САЙҚАЛДАУ** с ы н . *Көлгірлеу, әзәзілдеу.*

**САЙҚАЛДЫҚ** з а т . *Қитұрқылық, әзәзілдік.*

**САЙҚАЛСУ** *Сайқалсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЙҚАЛСЫ=** е т. *Көлгірсу, әзәзілдену.*

**САЙҚЫЛАН=** е т. с ө й л . ***Сайқалдан.***

**САЙҚЫЛАНУ** *Сайқылан етістігінің қимыл атауы.*

**САЙҚЫМАЗАҚ** з а т . **1.** *Әжуа, келеке, келемеж.* **2.** ө н е р. <ағыл. clown> *Бет-ауыздарын бояп, алабажақ киінген, күлкілі әрекеттер жасап, көрініс қоятын әртіс; клоун.*

**САЙҚЫМАЗАҚТА=** е т. *Әжуалау, келемеждеу, мысқылдау.*

**САЙҚЫМАЗАҚТАН=** е т. **1.** *Сайқымазақ сияқты күлкілі әрекеттер жасау, қылжақбастану, қуақылану.* **2.** *Мысқылдау.*

**САЙҚЫМАЗАҚТАНУ** *Сайқымазақтан етістігінің қимыл атауы; қалжыңбастану, қуақылану.*

**САЙҚЫМАЗАҚТАУ**[1] *Сайқымазақта етістігінің қимыл атауы; әжуалау, келемеждеу.*

**САЙҚЫМАЗАҚТАУ**[2] с ы н . *Қуақылау, қалжыңбастау.*

**САЙҚЫМАЗАҚТЫҚ** з а т . *Қуақылық, қалжыңбастық.*

**САЙҚЫН** с ы н . *Мидай, кең, ен (дала).* **Сайқын желі.** г е о г р. *Жоғары қысымды аймақтан соғатын дауылды, суық жел; құбыла желі.*

**САЙЛА=** е т. **1.** *Дауыс беру жолымен басқару ісіне өкіл ету.* **2.** *Басқару ісіне тағайындау.* **3.** *Дайындау, әзірлеу.*

**Сайлап алды.** а) *Әзірледі, даярлады.* ә) *Таңдап, іріктеп алды.*

**САЙЛАН=** е т. **1.** *Көпшілік дауыс алу арқылы белгілі бір билік жүргізетін орынға өту.* **2.** *Дайындалу, әзірлену.*

**САЙЛАНБАЛЫ** с ы н . *Сайлау өткізу арқылы тағайындалатын, іске асатын.*

**САЙЛАНДЫР=** е т. *Әзірлету, даярлату.*

**САЙЛАНУ** *Сайлан етістігінің қимыл атауы.*

**САЙЛАНЫМ** з а т . ж а ң а . қ о ғ .-с а я с и . *Сайлау бойынша лауазымдардың ауысып отыру тәртібі.*

**САЙЛАС=** е т. *Әзірлік, дайындық жасасу.*

**САЙЛАСУ** *Сайлас етістігінің қимыл атауы.*

**САЙЛАТ=** е т. **1.** *Көпшілік дауыс беру арқылы белгілі бір билік жүргізетін орынға өткізу.* **2.** *Даярлату, әзірлету.*

**САЙЛАТУ** *Сайлат етістігінің қимыл атауы.*

**САЙЛАУ**[1] з а т . қ о ғ .-с а я с и . *Дауыс беру жолымен басқару ісіне өкіл ету ісі; сайланбалы мемлекеттік лауазымдарға кандидатураларды таңдау науқаны.*

**Сайлау беру.** т а р . *Дауыс беру.* **Сайлау заңы.** *Сайлаудың заңмен белгіленген өткізілу тәртібі, жүйесі.* **Сайлау жүйесі.** *Мемлекет басшысын, халық өкілдерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің және нәтижесін анықтаудың тәртібі.* **Сайлау комиссиясы.** *Сайлауды ұйымдастырып өткізетін алқалы орган.* **Сайлау құқығы.** *Сайлау процесін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.* **Сайлау низамы.** т а р . *Сайлау ережесі.* **Сайлау округі.** *Сайланбалы өкілдікті органдардың мүшелері сайланатын аумақтық бірлік.* **Сайлау участогі.** *Бір аудан сайлаушыларының дауыс беретін жері.* Сайлау цензлері. з а ң . *Азаматқа Конституциямен немесе арнаулы заңдармен белгіленген сайлау құқын беру шарттары.* **Сайлау цензлері.** *Сайлаушылар мен сайланушыларға қойылатын талаптар мен шектеулер.* **Сайлау хақы.** т а р . *Сайлауға қатысу, дауыс беру құқығы.*

**САЙЛАУ**[2] *Сайла етістігінің қимыл атауы.*

**САЙЛАУАЛДЫ** с ы н . *Сайлау алдындағы науқан.*

**САЙЛАУБАСЫ** з а т . т а р . *Сайлаудың өткізілу барысын қадағалап, нәтижесін шығаратын, жарнамалайтын негізгі адам; сайлау басқарушы.*

**САЙЛАУЛЫ** с ы н . *Дайын, әзір.*

**Сайлаулы мекен.** *Дүние салғаннан соң барар-тын ұжмақ – пейіш не тозақ.*

**САЙЛАУШЫ** з а т . *Сайлауға қатысатын, дауыс беретін адам.*

**Сайлаушылар вотумы.** с а я с и . *Парламентті, президентті т.б. сайлау жөнінде өткізілген науқанның нәтижелері.*

**САЙЛАУЫТ**[1] з а т . ***Сайдауыт.***

**САЙЛАУЫТ**[2] с ы н . *Сайы көп, сайлы.*

**САЙЛЫ** с ы н . **1.** *Сайы көп, сайлауыт (жер).* **2.** *Ойық, ойлы-қырлы.*

**САЙЛЫ**[2] с ы н . *Керек-жарағы сай, бәрі түгел.* **Сайлы дәуір.** *Малмен басы өскен, бақытты өмір кешкен шат-шадымен тұрмыс.*

**САЙЛЫҚ**[1] з а т . *Керек-жарағы сай болушылық, түгелдік.*

**САЙЛЫҚ**[2] з а т . *Сан бұлшық еттері арасындағы шұңқырлау тұс (жер).*

**САЙМАН** з а т . **1.** *Құрал, жабдық.* **2.** *Қару-жарақ.*

**САЙМАНДА=** е т. *Жарақтау, сайлау.*

**САЙМАНДАУ** *Сайманда етістігінің қимыл атауы; жарақтау, сайлау.*

**САЙМА-САЙ** ү с т . *Дәп-дұрыс, оп-орынды, лайық.*

**САЙР** з а т . е с к і к і т . *Керуен.*

**САЙРА** з а т . з о о л . <лат. cololabis saira> *Сарган тәрізділер отрядының макрельшортандар тұқымдасына жататын теңіз балығы.*

**САЙРА=** е т. **1.** *Әнші құстардың шырылдап, әдемі үн шығаруы.* **2.** а у ы с . *Сарнап сөйлеу, тақылдау.* **3.** *Сөзді шешен сөйлеу.* **4.** а у ы с . *Баттиып көрініп тұру, айқын біліну.* **5.** *Әнді нақышына келтіре орындау.*

**САЙРАҒЫШ** с ы н . *Әнші, әуезді даусы бар, сайрай алатын.*

**САЙРАҚ**[1] з а т . к ө н е . *Негізгі үлкен күре жол, даңғыл.*

**САЙРАҚ**[2] з а т . *Дыбыс, үн.*

**САЙРАҚ**[3] з а т . з о о л . <лат. turdus viscivorus>. *Тал-теректі жерлерді мекендейтін торғайтектес отрядына жататын құс.* **Аққабақ сайрақ** з о о л . *Әуезшіл сайраққа ұқсас, бірақ қатқылдау дыбыс шығаратын, сайрақтар тұқымдасына жататын құс.*

**САЙРАМПАЗ** с ы н . *Сөйлеуік, сөзуар.*

**САЙРАН**[1] з а т . *Ойын-сауық, думан, қызық.*

**Сайран етті.** *Қызыі думанға батты, ойын-сауықпен жүрді.* **Сайран жер.** п о э т . *Қызығы, тамашасы мол, аяулы мекен, жұрт деген мағынада.* **Сайран салды [қылды, етті, құрды].** *Қызық дәурен сүрді, ойнап-күлді, ойын-сауықпен жүрді.*

**САЙРАНДА=** е т. *Сауық-сайран салу; серуендеу.*

**САЙРАНДАТ=** е т. *Сауық-сайран салдыру, серуендету, бос жіберу, еркіне жіберу.*

**САЙРАНДАТУ** *Сайрандат етістігінің қимыл атауы.*

**САЙРАНДАУ** *Сайранда етістігінің қимыл атауы.*

**САЙРАН-САУЫҚТАТ=** е т. *Тойлату, думандату.*

**САЙРАНШЫЛ** с ы н . *Ойын-сауыққа құмар, сауыққой.*

**САЙРАҢДА** с ө й л . ***Сайранда.***

**САЙРАТ=** е т. *Әнді, күйді құйқылжыта орындау, өлең-жырды, ән мен күйді ағыза жөнелу.*

**САЙРАТУ** *Сайрат етістігінің қимыл атауы.*

**САЙРАУ** *Сайра етістігінің қимыл атауы.*

**САЙРАУШЫ** з а т . с т и л ь . *Бұл жерде атақты ақын-жырау, жыршы мағынасында.*

**САЙРАУЫҚ** с ы н . **1.** *Сайрағыш (құс).* **2.** *Сөзшең, шешен (адам).*

**САЙ-САЙ** ү с т . *Сайды қуалай, әр сайға қарай.*

**САЙСАҒЫЗ** з а т . ө с. <лат. hyssopus> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде жартылай бұта.*

**САЙ-САЛА** з а т . **1.** *Су жүретін жыра.* **2.** *Ойпаң, жыра, аңғар барлығы.*

**САЙ-САЛАЛЫ** с ы н . *Сай-саласы көп.*

**САЙ-СҮЙЕК**: **сай-сүйегі сырқырады [шы-**

**мырлады].** *Қайғы-қасіретке бой ұрып, денесі түршікті, тітіркенді, көңіліне ауыр алды, жаны күйзелді.* **Сай-сүйегі сырқырады.** а) *Тұла бойы қақсап ауырды.* **Сай-сүйегін сырқыратты.** *Тұла бойын тітіретті, қатты әсер етті.* **Сай-сүйегі босады.** *Қатты егілді, елжіреді.*

**САЙТ** з а т . и н ф . *Компьютерлік желідегі дүниежүзілік мәліметтер өрмегінің негізгі құрылымдық элементі болып табылатын мәтін немесе графикалық ақпарат сақталатын гиперсілтемелік құжат.*

**САЙТАН**[1] [ар. شيطان] з а т . **1.** *Діни ұғым бойынша, адамзатқа қас жын-пері, шайтан.* **2.** а у ы с . *Оңбаған, жексұрын адам.* **3.** а у ы с . *Ұшқалақ, жеңілтек кісі, қыз, әйел.* **4.** а у ы с . *Адамды азғырушы, кесірін тигізуші.*

**Сайтан билеген.** *Бойына жын ұялаған.* **Сайтан биледі.** *Бойына жын ұялады, айтқанға көнбеді.* **Сайтанға беттен сүйгізді.** *Бойын сайтан биледі, жыны қозды.* **Сайтанға мойнын иген.** *Бойын сайтан билеген, жын-пері ұялаған.* **Сайтан [шайтан] кісі [қыз].** а) *Мінезі тұрақсыз, берекесіз.* ә) *Біреудің жынын қағып алатын өткір деген мағынада.* **Сайтан мінез.** *Ұшқалақ, жеңілтек мінез.* **Сайтанның сапалағы.** *ж е р г . Ой, жексұрын, берекесіз деген мағынада айтылатын сөз.* **Сайтанның сапалағындай.** *Күтпеген жағдайда, кенеттен.* **Сайтанын қақты [басты].** *Бетін қайтарды, жынын басты, жуасытты, желігін тыйды.* **Сайтаны ұстады.** *Жыны қозды, ызаланды, ашуы келді.* **Сайтаны шатастырды.** *Қырсық шалды, жаза басты, ағаттық жасады.*

**САЙТАНДАЙ** с ы н . *Сайтан сияқты, ұсқынсыз, залым, жексұрын.*

**САЙТАНДАН=** е т. *Сайтан сияқтану, аярлық жасау.*

**САЙТАНДЫҚ** с ы н . *Алдамшылық, жалғандық, оңбағандық, азғындық.*

**САЙТАНҚҰЙРЫҚ** с ы н . *Алдамшы, жалған.*

**САЙТАНСУ** *Сайтансы етістігінің қимыл атауы.*

**САЙТАНСЫ=** ет. *Сайтан сияқтанып жеңілтектену, ұшып-қону, аярлану.*

**САЙТАНША** ү с т . *Сайтан сияқтанып, ұшып-қонып.*

**САЙФУ** з а т . е с к і к і т . *Қылыш.*

**САЙЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Саяз.***

**САЙЫЗДАУ** с ы н . с ө й л . ***Саяздау.***

**САЙЫН**[1] с ы н . **1.** *Кең-байтақ, ұлан-ғайыр.* **2.** а у ы с . *Кең, дауысы зор, үнді деген мағынада.*

**Сайынға шапты.** *Думанды, дүбірлі жарысқа түсті деген мағынада.* **Сайын дала.** п о э т . *Кең, жомарт, байтақ жер.*

**САЙЫН**[2] ш ы л . *Істің дүркіндік созылыңқылығын білдіретін шылау сөз.*

**САЙЫП** з а т . е с к і к і т . *Дос, серік.*

**САЙЫПКЕР** з а т . *Сайысшы, сайыпқа түсу өнеріне жетік адам.*

**САЙЫПКЕРЛІК** з а т . *Сайысқа түсу өнеріне шеберлік.*

**САЙЫПКЕРШІЛІК** з а т . с ө й л . ***Сайыпкерлік.***

**САЙЫПҚЫРАН** с ы н . **1.** к ө н е . *Қыдырма жұлдыздардың (планеталардың) бір түзудің бойына келгенде туған (бала туралы)* [*Діни аңыз бойынша, осындай астрономиялық құбылыс сәтінде туған бала ержүректік, алғырлық, асқан батырлық сияқты ерекше қасиетке ие болады. Тарихта осы себепті Ақсақ Темір сайыпқыран аталды*]. **2.** а у ы с. *Асқан батыр, мықты, алғыр. Бұл жерде сөз Темір туралы.*

**САЙЫР**[1] з а т . е с к і к і т . *Серуен.*

**САЙЫР**[2] з а т . д і н и . *Жеті қабат жаһаннаманың екіншісі.*

**САЙЫР** с ы н . е с к і к і т. *Алғыр, шырақ.*

**САЙЫС** з а т . **1.** *Адамдардың бір-бірімен күш, өнер салыстырып сайысқа түсуі, жарыс.* **2.** а у ы с . *Ұрыс, соғыс, шайқас.* **3.** с п о р т . *Найзамен қаруланған, қорғанатын тері немесе киіз қалқандары бар екі салтатты шауып келіп бірін-бірі ер үстінен қағып түсіруге тырысатын ат үстіндегі қазақтың байырғы әскери ойыны.* **4.** с п о р т . [нем. Fechten] *Белгіленген тәртіп бойынша спорттық суық қарудың бір түрінен (рапира, қылыш, семсер) жекпе-жек өткізілетін спорт түрі.*

**САЙЫС ҚАРҚЫНЫ** с ы н . *Қарапайым сайыс әдісінің біреуін кідіріссіз орындау сайыскерге қажетті жіберетін уақыттың арасы.* **Сайысқа түсті.** *Тартысқа, айтысқа түсті, күш сынасты.*

**САЙЫС=** е т. **1.** *Тартысу, таласу, қырқысу.* **2.** *Айтысу, сөз жарыстыру.*

**САЙЫСКЕР** з а т . *Сайыс өнеріне шебер адам.*

**САЙЫСТЫР=** ет. *Өнер жарыстыру, айтыстыру, тартысқа түсіру.*

**САЙЫСТЫРУ** *Сайыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЙЫСУ** *Сайыс етістігінің қимыл атауы.*

**Сайысу алаңы** *с п о р т . Сайыс өтетін алаңның шектеулі аумағы.*

**Сайысу әдісі** *с п о р т . Сайыскер бәсеке кезінде алдына қойған қайсыбір тәсілдің есебін шешу мақсатында орындалатын бір немесе бірнеше қимылдар.*

**САЙЫСШЫ** з а т . *Сайысқа шебер адам.*

**САК** [франц. sac] з а т . **1.** *Жол жүруге қажетті заттар салатын, қалың тығыз матадан тігілген қап сияқты сөмке.* **2.** *Кең тігілген әйел пәлтесі.*

**САКВОЯЖ** [франц. sac – қапшық, de voyage – саяхат] з а т . *Ауызы бекітілген, теріден немесе қалың тығыз матадан тігілген жол қоржыны.*

**САКРАЛДАНУ** з а т . д і н и . [лат. sacer]. *Діннің жалпы әлеуметтік саланың бөлінбес бөлігіне айналуы, діни қатынастардың әлеуметтік байланыстарға таралуы.*

**САКРАЛДЫҚ** с ы н . *Магиялық құдіреті бар, құпия мәні бар.*

**САКРАН** = е т . е с к і к і т . *Есінен адасу, мас болу.*

**САКС** з а т . т а р . *Герман тайпаларының бірі.*

**САКСОФОН** [франц. saxophone] з а т . м у з . *Үрмелі аспап.*

**САҚ**[1] с ы н . *Қырағы, абай, көреген.*

**Сақ бол.** т і л е к . *Ойланып істе, абай бол деген мағынада.* **Сақ болу.** *Абай болу, байқап жүру, қырағы болу.* **Сақ құлақ.** а) *Ел естімегенді естіп, әр нәрсені естіп-біліп отыратын адам.* ә) *Сыбысты есіткіш, сезімтал сезгіш (ит).* **Сағы сынды.** *Беті іайтты, тауы шағылды.* **Сақ болды.** *Сақтанды, абайлады.*

**САҚ**[2] з а т . *Ірі етіп тартылған, жармаланған дән.*

**САҚ**[3] з а т . т а р . *Б.з.б. 1-мыңжылдықта Орта Азияны мекендеген ежелгі тайпалардың одағы.*

**Сақ тайпаларының антропологиялық типі.** т а р . *Орта Азия мен Қазақстан жерінде темір дәуірінің алғашқы кезеңінде өмір сүрген тайпаларға тән морфофизиологиялық ерекшеліктер.*

**САҚ**[4] е л і к . *Қатты, ұшқір заттың, тістің қатты затқа, не бір-біріне екпіндете тиген кездегі шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Сақ етті.** *Дөп тиді; сап ете қалды.*

**САҚ**[5]: **ойын сан [әр, неше] саққа жүгіртті.** *Әуреге түсірді, мың құбылтты, әр нәрсені бір ойлады.*

**САҚ** = е т. е с к і к і т . *Су себу, суару.*

**САҚА** з а т . э т н . о й ы н . **1.** *Асықтың ең үлкен ірісі, салмақтысы.* **2.** а у ы с . *Жасамыс, көпті көрген; тәжірибелі; тісқаққан.* // э т н . *Малдың жасына, төлдеуіне қатысты атау.*

**Сақа ат.** *Жас мөлшері он бір-он екіге келген жылқы малы.* **Сақа бие.** *Бес-алты рет құлындаған бие.* **Сақа ешкі.** *Лақтап жүрген үлкен ірі ешкі, лақтайтын үлкен ешкі.* **Сақа құлық бие.** *Бес-алты жасқа дейін жүріп, кейіннен айғырдан шығып, ең алғашқы құлындағаны.* **Сақа тартты.** *Қартайды, жасы ұлғайды.* **Сақа тиген асықтай [қылды].** *Атып түсірді, дәл тигізді.* Сақа жігіт. *Есейіп, оңы мен солын таныған ересек жігіт.*

**САҚАДАЙ** с ы н . *Ірі, үлкен, дәу.*

**Сақадай сай [сайланды].** *Тап-тұйнақтай, дайын, талапқа сай, әзір.* **Сақадай сайланды.** *Бәрін әзір қылып қойды; іріктеліп дайын тұрды; қамсыз боп дайындық жасады.*

**САҚА ЖОН** з а т . *Ұтыс ойыны.*

**САҚАЙ=** е т . **1.** *Есею, ержету, үлкею.* **2.** ж е р г . *Ауруынан тәуір болу, жазылу, сауығу.*

**САҚАЙТ** = е т . *Біреуді ауруынан жазып, емдеу.*

**САҚАЛ** з а т . **1.** *Еркек адамның иегі мен жағына шығатын түк.* **2.** а у ы с . *Орта жастан асқан не жасы келген ер адам.* **3.** а у ы с . *Малдың астыңғы жағы мен иегіне өсетін ұзынша түктері.*

**Сақалға ақ кірді.** *Қартайды, мосқал тартты.* **Сақалға шалғырт енді.** *Сақалына ақ кірді, қартайды.* **Сақалды беріп шықты [сақалды қолдан берді].** *Абыройдан айырылды, ар-ұяттан жұрдай болды.* **Сақал сипады.** *Бәрінен жұрдай болды, құр алақан қалды, сыпырылып шықты.* **Сақал сипап қалды.** *Алданып, құр алақан отырып қалды.* **Сақал шықты.** *Жасы келді, есейді, үлкейді.* **Сақалы белуарына [беліне] түсті.** *Шал болды, қартайды.* **Сақалы бурылданды.** *Жасы келді, егде тартты.* **Сақалы құдай.** *Сақалы аппақ, қатты қартайған.* **Сақалымен ойнады.** *Еркеледі, бұлаңдады.* **Сақалымның ағы ұрсын!** қ а р ғ . *Ақсақалдың қатты ренжіген кездегі айтатын қарғысы.* **Сақалын алды.** *Сақал-мұртын қырды, қырынды.* **Сақалын бұлдады.** *Сақалын сатты, үлкендігін бетке ұстады.* **Сақалын жұлды.** *Опық жеді, санын соқты; күйіп-пісіп ашуланды.* **Сақалын сатты.** *Жасы үлкендігін бұлдады, қартайғандығын бетке ұстады.* **Сақалын сауды [тарақтады].** *Сақалын қолымен төмен қарай сипады.* **Сақалын сыйлады.** *Жасы үлкендігін құрметтеді.* **Сақалының ағы бар, ағалығын тағы бар.** *Байырғы кезде батырлар жолдасқанда айтылатын сөз.* **Сақалы өртенді.** *Үлкен басы ұятқа қалды.* **Сақалы сапсиды.** *Жасы ұлғайды, қартайды.* **Сақалын екі іолдап жұлды.** *Күйіп-пісіп ашуланды, өзін жерлей күйіп-пісті.* **Сақалы сапсиған.** а) *Сақалы қауқиып өсіп кеткен.* ә) *Жасы біразға келген, егде тартқан.* **Сақалы шығып жат болды.** *Өсіп, ер жетіп, өзімен-өзі болу мағынасында.*

**САҚАЛАН=** е т. *Есею, ержету, үлкею.*

**САҚАЛАНУ** *Сақалан етістігінің қимыл атауы.*

**САҚАЛАУ** с ы н . *Ересектеу, мосқалдау.*

**САҚАЛДЫ** с ы н . **1.** *Сақалы бар, сақал шыққан.* **2.** а у ы с . *Орта жастан асқан жігіт ағасы, топ басшысы; жасы үлкен.*

**Сақалды басымен.** *Жасы үлкендігіне қарамастан, қартайған қалпымен, үлкен басын кішірейтіп.* **Сақалды ку [құл] жарытпас.** к е к е с і н. *Кәнігі кісінің жылпос әрекеті туралы айтылады.*

**САҚАЛ-МҰРТ** зат. *Жоғарғы еріннің үстіне, төменгі еріннің астына, жаққа, иекке шығатын түк, қыл сақал мен мұрттың жалпы атауы.* **Сақал-мұрты қуарды [қар басты]**. *Шашы ағарды, қартайды.*

**САҚАЛ-МҰРТТЫ** сын. *Сақал-мұрт қойған, өсірген.*

**САҚАЛСЫМАҚ** зат. *Сақалға ұқсас, сақал секілді; селдір түк.*

**САҚАЛТАЙ** зат. зоол. <лат. gypaetus barbatus> *Қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс; қозықұмай.*

**САҚАЛ-ШАШ** зат. *Иек пен басқа шыққан түк.*

**Сақал-шашы ағарды**. а) *Қартайды, жасы келді, ұлғайды.* ә) *Қайғы шекті, шерлі болды.*

**САҚАЛШЫ** зат. тар. *Патшаның, ханның сақал-мұртын басатын шаштаразы.*

**САҚАЛЫҚ**[1] сын. *Сақа болатын, сақаға жарарлық үлкен (асық).*

**САҚАЛЫҚ**[2] зат. *Ержеткендік, мосқалдық, есейгендік.*

**САҚАЛЫМЕН** үст. *Сақалды басымен, ұп-үлкен болып.*

**САҚАМАЙТЫН** сын. *Қартаймайтын, ескірмейтін.*

**САҚАР**[1] зат. этн. *Алабота, торғайоты сияқты т.б. ащы шөптердің, баялыш, сексеуілдің күлі.*

**Сақарға [сақардан] салған [қайнатып алған, шыққан] сүйектей**. *Өңі қашқан, құп-қу.* **Сақар қайнатты**. *Сақарға май, су қосып, қазанда қайнату арқылы сабын жасады.*

**САҚАР**[2] [ар. سحر] зат. діни. *Ораза кезінде таң атпай ішетін тамақ, сәресі, сахар.*

**САҚАР**[3] зат. хим. *Калий карбонатының техникалық атауы; ақ түсті, ұнтақ зат.*

**САҚАР**[4] зат. діни. *Жеті қабат жаһаннамның ушіншісі.*

**САҚАРШАМ** зат. *Сәресі ішетін кез, мезгіл, сахар.*

**САҚАТ** зат. ескікіт. *Саулық, амандық*

**САҚАУ**[1] сын. **1.** *Тіл мүкісі, ақауы бар (адам).* **2.** ауыс. *Айнала өмірден бейхабар, меңіреу, қараңғы; тіл білместік.* **Сақау көбе.** *Домбыра тартушының саусақты үстіңгі пернеге тигізбей тарту әдісі.*

**САҚАУ**[3] зат. вет. *Құлын мен жас жылқыда болатын, тіл асты бөртіп, алқымы ісіп кететін ауру.*

**САҚАУЛАН=** ет. *Тілі мүкістеніп сөйлеу, сөздерді дұрыс айта алмау.*

**САҚАУЛАНУ** *Сақаулан етістігінің қимыл атауы.*

**САҚАУЛЫҚ** зат. *Тілдегі мүкістік, кемістік.*

**САҚАУША** үст. *Сақау сияқты, тілінің мүкісі бар адамша.*

**САҚАУШӨП** зат. өс. *Шөптің бір түрі, қансигек.*

**САҚАША** үст. *Сақа сияқты, сақаға ұқсатып.*

**САҚАШАР** зат. спорт. (бильярдта). *Басқа шарларды соғатын шар.*

**САҚАЮ** *Сақай етістігінің қимыл атауы.*

**САҚБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. rutilus frisii> *Тұқы тұқымдас балықтардың бір түрі.*

**САҚЕТЕР** зат. көне. *Шынжыр тәрізді ескілікті соғыс қаруы.*

**САҚИ** [ар. سخى] сын. *Қолы ашық, жомарт, береген.* **Сақи жан.** *Жомарт, дарқан, кеңпейіл адам.* **Сақи дала**. бейн. *Жомарт ел, дархан жұрт.*

**САҚИ=** ет. **1.** *Қақию, сіресу.* **2.** ауыс. *Ызғырығын сақтау, бірқалыпты аяз тұру.*

**САҚИЛЫҚ** зат. *Қолы ашықтық, жомарттық.*

**Сақилыққа қол салды**. *Жомарт болды, қолы ашылды.*

**САҚИНА**[1] зат. **1.** *Сәндік үшін саусаққа салатын әшекей; зергерлік бұйым.* **2.** *Бүркіттің аяғына кигізетін шығыр, балдақ.* **3.** *Ағаштың жасын (неше жылдан бері өсіп тұрғанын) көрсететін дөңгелек сызықтар; жылдық сақина.* **4.** *Найзаға, қылыштың, қанжардың, пышақтың сабына әсемдік үшін орнатылатын дөңгелек металл; балдақ.* **5.** анат. *Адам кеңірдегіндегі шеміршек бөліктері.*

**Сақина сығылма.** *Доғалана созылған сығылмалар жиынтығынан тұратын, жалпы пошымы сақина тәрізді геологиялық дене.* **Сақинасын сындырған.** *Жігітімен көңіл қосқан.*

**САҚИНА**[2] зат. *Ұстамалы бас ауруы.*

**Сақина алды.** ойын. *Сақинаалмақ ойынында қыздың аузынан жігіттің сақинаны алды.* **Сақинасы бар.** *Ұстамалы бас ауруы бар.*

**САҚИНААЛМАҚ** зат. этн. ойын. *Қыз аузына жасырылған сақинаны жігіттің өнер көрсетіп барып, ернімен алатын ойын түрі.*

**САҚИНАЛА=** ет. *Шеңбер салу, дөңгелектеу.*

**САҚИНАЛАН=** ет. *Шеңберлену, дөңгелену.*

**САҚИНАЛАНДЫР=** ет. *Шеңберлендіру, сақина сияқты дөңгелендіру.*

**САҚИНАЛАНДЫРУ** *Сақиналандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САҚИНАЛАНУ** *Сақиналан етістігінің қимыл атауы.*

**САҚИНАЛАУ** *Сақинала етістігінің қимыл атауы.*

**САҚИНАЛАУШЫ** зат. *Сақина салушы.*

**САҚИНАЛЫ** сын. *Сақинасы бар, сақина салынған.*

**САҚИНАЛЫҚ** сын. тех. *Сақинаға қатысты, сақина сияқты.*

**Сақиналық желі.** инф. <ағыл. ring network> *Топологиясы сақина түрінде болып келген (тұйық контур тәрізді) есептеу желісі.* **Сақиналық (циклдік) тізім.** инф. <ағыл. ring (circubar, cyclic) list, ring structure> *Әрбір құрауыштың сол тізімде бір ғана алдыңғы және бір ғана келесі құрауышы бар тізбелік тізім.*

**САҚИНАТАСТАУ** зат. этн. ойын. *Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойындарының бірі.*

**САҚИНАТАСТАУШЫ** зат. ойын. *Сақинатастау ойынына қатысушы.*

**САҚИНАТЫҚПАҚ** зат. этн. *Ұлттық ойын түрі; сақинатастау.*

**САҚИНАША** үст. *Сақина сияқты дөңгелентіп.*

**САҚИНЕК** зат. *Пышақтың, біздің, қылыштың сапқа жетесі сұғылған жерін қысып тұратын металл шығыр.*

**САҚИЮ** *Сақи етістігінің қимыл атауы.*

**САҚЛАН=** ет. көне. ***Сақтан.***

**САҚМАН** зат. сөйл. ***Сақпан***[2].

**САҚМАНШЫ** зат. этн. ***Сақпаншы.***

**САҚПА**: **өкпе-сақпа**. *Өкпе-реніш, қапалық (өкпе сөзіне тіркесіп, қос сөз құрайтын компонент).*

**САҚПА** з а т к ө н е. *Тас атуға арналған ойыншық құрал*

**САҚПАН**[1] зат. көне. *Тас атуға арналған көне құрал, қол қаруы.*

**САҚПАН**[2] зат. **1.** *Бір бөлек қозылы қой.* **2.** *Қой қоздату науқаны.*

**САҚПАНДАЙ** сын. *Сақпан сияқты.*

**САҚПАНШЫ** зат. *Мал төлдеген кезде, оны күтуге көмектесуші, жаңа аяқтанған қозылардың бақташысы.*

**САҚПАНШЫЛЫҚ** зат. *Төл күтушілік, төл алуға көмектесушілік.*

**САҚ-САҚ**: **сақ-сақ етті**. *Сақылдаған дыбыс шықты.* **Сақ-сақ күлді**. а) *Сақылдап қатты күлді.* ә) бейн. *Өзен, судың сарқырап ағуын бейнелейтін сөзқолданыс.* б) бейн. *Ойын-күлкі, той-думанды бейнелейтін сөзқолданыс.*

**САҚСИ=** ет. *Ауыздағы тістердің ақсиып көрінуі.*

**САҚСИЮ** *Сақси етістігінің қимыл атауы.*

**САҚСЫН=** ет. *Сақ, қырағы болғансу.*

**САҚСЫНУ** *Сақсын етістігінің қимыл атауы.*

**САҚСЫР** зат. көне. *Қой терісінен жүні ішіне қарата жасалған шалбар.*

**САҚТА=** ет. **1.** *Қолда ұзақ ұстау.* **2.** *Аман алып қалу.* **3.** *Пайдаланбай, кейінге қалдыру.* **4.** *Пана болу, қорғау.* **5.** *Ұстау.* **6.** ауыс. *Асырау, бағу.* **7.** ауыс. *Жолын-жүйесін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бұзбау.* **8.** ауыс. *Жолында құрбан болу, жанын пида ету.* **9.** ауыс. *Бетін аулақ қылсын деген мағынада.* **10.** ауыс. *Жинау, жинақтау.*

**Сақтай гөр.** *Қорға, құтқар, аман қыл, аулақ қыл деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Сақтайтын құрылғы.** инф. <ағыл. storage> *Мәліметтер мен программаның командаларын жазу (енгізу), сақтау және оқу (шығару) үшін керек құрылғы.* **Сақтайтын элемент.** инф. *Өзінің бұрынғы нысанын немесе қалып-күйін сырттан келген сигнал әсерінен өзгертетін және келесі сигнал келгенше сол жағдайын ұзақ уақыт сақтайтын автоматика және есептеуіш техника құрылғыларының элементі.*

**САҚҚҰЛАҚ** сын. *Естігіш, бәрін біліп, сезіп отыратын.*

**САҚТАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені сақтайтын.*

**САҚТАЛ=** ет. *Ұзақ ұсталу, аман қалу, қалпын жоғалтпау.*

**Сақталатын мәліметтер.** инф. <ағыл. stored data> *Сыртқы тасуышта немесе тұрақты сақтауыш құрылғыда орналастырылған мәліметтер.* **Сақталатын программа.** инф. <ағыл. stored program> *Есептеуіш мәшиненің жадында сақталатын бағдарлама.*

**САҚТАЛҒЫШ** сын. *Ұзақ сақталатын, тез құрымайтын, қалпын жоғалтпайтын.*

**САҚТАЛҒЫШТЫҚ** сын. **1.** *Ұзақ сақталатын қасиет.* **2.** инф. <ағыл. viability> *Жүйенің сыртқы әсерге қарамастан жұмыс қабілетін жоймау қасиеті.*

**САҚТАЛУ** *Сақтал етістігінің қимыл атауы.*

**Сақталу заңдары.** физ. *Кез келген процестер немесе олардың белгілі класында кейбір физикалық шамалардың сан мәндерінің уақытқа байланысты өзгермейтіндігін тұжырымдайтын физикалық заңдылықтар.*

**САҚТАЛЫН=** ет. **1.** *Ұзақ ұсталыну, қалпын жоғалтпау.* **2.** *Қалыптасқан жүйенің, тәртіптің т.б. бұзылмауы.*

**САҚТАЛЫНУ** *Сақталын етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАН=** ет. **1.** *Сақ, қырағы, абай болу, қорғану.* **2.** *Аулақ жүру, бойын аулақ салу, қашу.* **3.** ауыс. *Сенбей, күдікпен қарау.*

**САҚТАНДЫР=** ет. *Абай болғызу, қорғаныс, сақтық жасату.*

**САҚТАНДЫРҒЫШ** зат. физ. *Электр тізбектерін ток күшінің рұқсат етілген мөлшерден асып кетуінен қорғауға арналған тетік.*

**Сақтандырғыш берма.** кен. *Карьер беткейінің орнықтылығын арттыру үшін және жоғарғы кертпештерден карьер түбіне не төменгі жұмыс горизонттарына таужыныс кесектерінің кездейсоқ түспеуі үшін жасалатын, қорғайтын объек-*

*тіге іргелес белдеу.* **Сақтандырғыш жарылғыш заттар.** кен. *Газ немесе шаң-тозаң қаупі бар шахталарда қолдануға рұқсат етілген, сақтандырғыш сыртқабықшалардағы немесе өзінің құрамында жалын сөндіргіштері бар жарылғыш заттар.* **Сақтандырғыш клапан.** тех. *Қысымды шамадан тыс өсуден сақтандыру үшін қолданылатын клапан.* **Сақтандырғыш көзілдірік.** *Тауға шыққанда көзді жарық және ультракүлгін сәулелерден қорғауға арналған жабдық.* **Сақтандырғыш қыртыс.** кен. *Жерасты қазбаларын қоршап тұрған таужыныстардың құлап, басып қалуынан, жерасты суының бұзып кетуінен қорғау үшін пайдалы қазылымның төбеде немесе еденде қалдырылатын бөлігі.* **Сақтандырғыш сөре.** кен. *Шахта оқпанына (ең төменгі оқпан албары қазбаларының табан астынан 10–20 м төменірек) ағаштан, металдан, бетоннан жасалынатын сөре.* **Сақтандырғыш сыртқабықша.** кен. *Жалын сөндіргіштер тұратын сыртқабықша.* **Сақтандырғыш электрдүмпіткіш.** кен. *Ауаметанды және газ-тозаңды қоспалардың тұтануын туғызбайтын электрдүмпіткіш.*

**САҚТАНДЫРУ** *Сақтандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қорғаныс, сақтық жасату, алдын алу.* **2.** экон. *Жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін олардың төлеген сақтандыру жарналарынан құралатын ақша қорлары есебінен қорғау жөніндегі азаматтық-құқықтық қатынастар.*

**Сақтандыру агенті.** экон. *Берілген өкілеттігіне сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және соның тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.* **Сақтандыру делдалы.** экон. *Өзінің қызметін сақтандырылушылармен және сақтандырушылармен келісім негізінде жүзеге асыратын тәуелсіз делдал.* **Сақтандыру жағдайы.** экон. *Сақтандыру шартының талаптарында қарастырылған оқиғаның болуы.* **Сақтандыру жарнасы.** экон. *Сақтанушы немесе оның атынан сақтандыру үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті төлем.* **Сақтандыру компаниясы.** экон. *Азаматтарға, кәсіпорындарға олардың қызметі мен өмірінде сақтандыру жағдайлары басталғанда зиянның орнын толтыру және көмек көрсету жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға.* **Сақтандыру кооперативі.** *Жеке басты сақтандыру, медициналық сақтандыру, мүлікті, жерді, егістікті сақтандыру жөнінде алуан түрлі қызметтер көрсету үшін құрылған ұйым.* **Сақтандыру куәлігі.** экон. *Сақтандыру компаниясы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру полисі берілгенге дейін беретін сақтандыру құжаты.* **Сақтандыру қоры.** экон. *Дүлей апаттар мен басқа да төтенше оқиғалар келтірген зиянның алдын алуға, жоюға және орнын толтыруға арналған заттай және қаржы қорлары нысанында құрылатын қаражаттың қосалқы қоры. Қоғамның сақтық қорларының құрамдас бөлігі болып табылады.* **Сақтандыру құны.** экон. *Азаматтардың мүлкі, өмірі, денсаулығы сақтандырылған ақшалай қаражаттың мөлшері.* **Сақтандыру қызметі.** экон. *Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасумен және орындаумен байланысты қызметі.* **Сақтандыру өтемі.** экон. *Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы себепті сақтанушыға төлейтін ақшалай өтем.* **Сақтандыру полисі.** экон. *Сақтандыру қоғамы сақтандырылған адамға немесе мекемеге беретін, сақтандыру туралы жасалған шарттың талаптары баяндалған куәлік.* **Сақтандыру резервтері.** экон. *Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарлық есеп айырысулар негізінде бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелері.* **Сақтандыру рыногі.** экон. *Сақтандыру бойынша қызметтер көрсету саласы.* **Сақтандыру сертификаты.** экон. *Сақтандырушы сақтанушыға бас полистің күші жүретін жекелеген жүктің сақтандырылғанын растау ретінде беретін құжат.* **Сақтандыру сомасы.** экон. *Сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыратын жағдай туғанда сақтандырушы жауапкершілігінің шекті ауқымын білдіретін ақша қаражатының сомасы.* **Сақтандыру сыйлықақысы.** экон. *Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру үшін төлейтін сақтандыру жарнасы, ақшалай сомасы.* **Сақтандыру тарифі.** экон. *Сақтандыру жарнасының мөлшерлемесі.* **Сақтандыру тәуекелдігі.** экон. *Ықтимал қауіп-қатер мен кездейсоқтық; сақтандырылатын болжалды оқиға.* **Сақтандыру шарты.** экон. *Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы олардың өзара міндеттемелерін тәптіштейтін келісім.*

**САҚТАНДЫРУШЫ** зат. **1.** *Сақтандырған адам, ескертуші.* **2.** экон. *Сақтандыруды жүзеге асыратын, сақтанушыға шартта уағдаласылған сақтандыру жағдайы басталғанда келтірілген зиянды өтеуге немесе сақтандыру сомасын төлеуге міндеттенген мамандандырылған ұйым (мемлекеттік, акционерлік, кооперативтік, аралас ұйым).*

**Сақтандырушы жабдық.** су шар. *Құбыр желісіндегі су өтіммен қысымының шектеулі мәнерін қамтамасыз ететін жабдық.*

**САҚТАНУ** *Сақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАНУШЫ** зат. экон. *Сақтандыру жарналарын төлейтін және сақтандырушымен (сақтандыру компаниясымен) нақты сақтандыру қатынастарына түсетін заңды немесе жеке тұлға.*

**САҚТАНЫС** зат. *Сақтанғандық, қорғаныс.*

**САҚТАНЫСУ** *Сақтаныс етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАС=** ет. *Бірге қорғау; қадірлесу, сыйласу*

**САҚТАСУ** *Сақтас етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАТ=** ет. *Пайдаланбай, жаратпай жинақтату.*

**САҚТАТТЫР=** ет. *Алып қою, сақтап қалу.*

**САҚТАТТЫРУ** *Сақтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАТУ** *Сақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САҚТАУ** *Сақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аман алып қалу, қорғау.* **2.** *Қазынада, қорда ұстау, пайдаланбай қорға жинау.* **3.** *Жойылып кетуге мүмкіндік бермеу.* **4.** *Жол бермеу, арашалау.* **5.** *Бұзылып кетуден қорғау, қалпында ұстау.* **6.** *Ұстану, бетке ұстау, өмірлік мақсат ету.* **7.** инф. <ағыл. save> *Мәліметтер тобын жедел жадтан сыртқы жадқа жазу; дайындалған құжаттарды белгілі бір ат қойылған файл түрінде дискіге жазып сақтау командасы.*

**Сақтау аймағы.** инф. <ағыл. save area> а) *Басқа бағдарламаға қатынау кезінде ортақ регистрлердегі мәліметтерді сақтау мен шақырулар тізбешесін бақылау үшін шақырушы бағдарламамен резервтелінетін негізгі жад аймағы.* ә) *Жадтың кейбір аймақтарындағы ұяшықтар тізбегіне регистрлер нұсқауымен ақпараттар жазу.* **Сақтау ережелері.** *Азық-түлік шикізаттарын, өнімдерін қоймаларда ұстау үшін белгіленген ережелер.* **Сақтау камерасы.** *Вокзалдарда жолаушылардың қолжүктеріне белгілі бір мерзімге дейін иесі алғанша ұстайтын арнайы қойма.* **Сақтау қоймасы.** сауда. *Тауарды немесе өнімді бұзбай, шірітпей т.б. ұстауға арналған арнайы жабдықталған орын.* **Сақтау мерзімі.** *Азық-түлік шикізаттарын, өнімдерін қоймаларда ұстау үшін белгіленген мерзім.* **Сақтау операциясы.** инф. *Жедел жадта тұрған және редакцияланған құжатты тұрақты сақтау үшін дискіге жазу операциясы.* **Сақтау шығыны.** экон. *Тауарды (өнімді, бұйымды) сатып алушыға (тұтынушыға) жөнелткенге дейін қоймаларға, басқа да сақтау орындарына орналастыруды қоса алғанда оны сақтаумен байланысты шығын.*

**САҚТАУЛЫ** сын. **1.** *Есте бар, ұмытылмаған.* **2.** *Жинақталған, қазынада, қорда тұрған.*

**САҚТАУШЫ** зат. *Бір нәрсені сақтаған адам, қорғаушы.*

**САҚТАУШЫЛЫҚ** зат. *Ұстанушылық, қорғаушылық.*

**САҚТАУЫШ** зат. *Бір нәрсені сақтайтын орын, қойма.*

**Сақтауыш буфер.** инф. <ағыл. looc-aside buffer> *Алдыңғы операцияларда пайдаланылған ақпаратты сақтайтын буферлік сақтауыш құрылғы.* **Сақтауыш құрылғы.** инф. <ағыл. storage access> *Мәліметтер жадының қызметін орындайтын құрылғы.* **Сақтауыш орта.** инф. <ағыл. remembering environment> *Физикалық қасиеті ақпаратты жазу және сақтауға пайдаланылатын материалдық объект.*

**САҚТИЯН** зат. сөйл. ***Сапиян*** *(ешкі, қой терісінен май сіңіре илеген жұмсақ, жұқа былғары).* **Сақтиян етік.** *Әшекейлеп тігілген етік.*

**САҚТЫҚ** зат. *Сақ болушылық, сезгіштік, қырағылық.*

**Сақтық жасады [қылды].** *Қырағылық көрсетті, сақ болды.* **Сақтық залалсыздандыру.** терм. *Адам мен жануарларда, өсімдіктерде ауру қоздыратын микроорганизмдерді болдырмау үшін алдын ала шара қолдану.* **Сақтық касса.** қаржы. *Ақша сақтайтын касса; жинақ кассасы.* **Сақтық күзеті.** әск. *Қарсыластардың жерүсті шабуылынан қорғану мақсатында, орналасқан жерде ұйымдастырылатын әскер күзетінің бір түрі.* **Сақтық қор [капиталы].** экон. *Акционерлік қоғамдағы арнаулы ақшалай қор; тосынжағдайдан пайда болатын шығындарды жабу, залалдың орнын толтыру, уақытша қиындықтарды жою, қандай да бір төтенше оқиғалар болған жағдайда қалыпты қызметті қалпына келтіру үшін ақшалай және заттай нысанда жасалатын босалқы қаражат қоры.* **Сақтықта қорлық жоқ.** *Абайлап жүрген абзал деген мағынада.*

**САҚТЫҚПЕН** үст. *Абайлап, қырағылықпен, байыппен.*

**САҚУАТТЫ** сын. *Қайырымды.*

**САҚШЫ** зат. әск. **1.** *Бір нәрсені қорғаушы, сақтаушы.* **2.** әск. *Өзіне тапсырылған постыны күзету және қорғау жөніндегі жауынгерлік міндетті орындайтын қарулы күзетші.*

**САҚШЫДАЙ** сын. *Сақшы сияқты, сақшы тәрізді.*

**САҚШЫЛ** сын. *Қырағы, көреген.*

**САҚШЫЛЫҚ** зат. *Қырағылық; күзетшілік.*

**САҚШЫША** үст. *Сақшыға ұқсап, сақшы сияқты.*

**САҚЫ** [ар. صخى] сын. *Қолы ашық, береген, жомарт.*

**САҚЫЛ** зат. *Ауыртпалық, қиыншылық.*

**САҚЫЛАУ** сын. *Қолы ашықтау, жомарттау.*

**САҚЫЛДА=** ет. **1.** *Сақ-сақ етіп дыбыс шығару.* **2.** *Сұйық заттың қатты қайнауы.* **3.** *Қатты күлу.* **4.** *Бырқылдау, бырқ-сарқ ету.* **5.** *Дауыл тұрып, аяз соғу.*

**Сақылдаған [сақырлаған, қақылдаған] сары аяз.** *Қаңтардың аяғы, ақпанның басында болатын сары аяздың күшіне мінген, күшейген кезі, шағы.*

**САҚЫЛДАТ=** е т. *Сақ-сақ еткізу, сақ-сақ еткен дыбыс шығару.*

**САҚЫЛДАТУ** *Сақылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САҚЫЛДАУ** *Сақылда етістігінің қимыл атауы.*

**САҚЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Жомарттық, қолы ашықтық.* **2.** *Кеңдік, молшылық.*

**Сақылық қылды.** *Жомарт, береген болды.*

**САҚЫЛЫҚТА=** е т. *Сақ-сақ күлу, сықылықтау.*

**САҚЫН=** е т. к ө н е . ***Сақтан.***

**САҚЫПЖАМАЛ** с ы н . *Көрікті, әдемі.*

**САҚЫПҚЫРАН** с ы н . *Сайыпқыран.*

**САҚЫР** е л і к. *Сықыр еткен дыбысқа ұқсас, бірақ одан ашықтау дыбысты білдіретін сөз.*

**САҚЫР** з а т . *Алабота, торғай оты сияқты т.б. ащы шөптердің күлінің тұнбасы.*

**САҚЫРА** з а т . с ө й л . ***Сахара.***

**САҚЫРЛА=** е т. **1.** *Сақырлаған дыбыс шығару.* **2.** *Қатты қайнау.* **3.** *Қатты суыту, аяз соғу.*

**САҚЫРЛАТ=** е т. **1.** *Сақыр-сақыр еткізу, сықырлату.* **2.** *Суды қатты қайнату.*

**САҚЫРЛАТУ** *Сақырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САҚЫРЛАУ** *Сақырла етістігінің қимыл атауы; сақ-сақ еткен дыбыс шығару.*

**САҚЫР-САҚЫР** е л і к . *Сақырлаған, сақыр-сұқыр еткен ашық дыбысты бейнелейтін сөз.*

**САҚЫР-СҰҚЫР** е л і к . *Сақырлаған, сұқырлаған дыбыс; шақыр-шұқыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* **Сақыр-сұқыр еткізді.** *Сақырлатты, сақылдаған дыбыс шығарды.* **Сақыр-сұқыр етті.** *Сақырлады, сұқырлады.*

**САЛ**[1] з а т . **1.** *Су жолымен адамдарды, жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі; бір-бірімен байланыстырып бекітілген жұзбелі заттар (бөренелер, кеспектер және т.б.).* **2.** ж е р г . *Пішіні төрт бұрышты, қоға, қамыс араластырыла буылған, ұзындығы да, ені мен биіктігі де 2 метр шамасында болатын құрал; ыспа.*

**Сал ағызу.** *Ағаштардың қалқымалығын пайдаланып, оларды көлік құралдарына тиемей тасымалдау.* **Сал қайық.** *Белгілі бір пунктте адамды, экипажды және жүкті өзен, арна, көл немесе теңіз бұғазынан және т.б. тасымалдауға арналған имарат.* **Сал қайықты көпір.** *Жеке құрам мен әскери техникаларды су бөгеттерінен өткізуге арналған жүзбелі көпір.* **Сал қайықты өткел.** *Понтондық парктерден (паромды мәшинелерден) немесе жергілікті жердің жүзбелі құралдарынан құрастырылатын, өздігінен жүретін және тіркелетін тасымалдаушы сал қайықтарында әскерлерді ұрыстық техникасымен қоса тасымалдауға арналған өткел.* **Салы суға кетті**. *Үнжырғасы, еңсесі түсті, ренжіді.*

**САЛ**[2] з а т . м е д . *Денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру.*

**Сал ауруы.** м е д . <грек. paraligsis> *Орталық не шеткі жүйке жүйесі қозғалыс орталығының зақымдануынан қимыл, қозғалыс ағзалары қызметінің жойылуы.* **Сал болды.** *Сал ауруына шалдықты.* **Сал бөксе.** *Оңайшылықпен қозғалмайтын, тез қимылдай қоймайтын; сылбыр.* **Сал төсек болды**. *Орнынан тұра алмай, төсек тартып жатып алды.*

**САЛ**[3] з а т . к ө н е . э т н . **1.** *Сауықшыл, елден ерекше сән түзеп, үкілі тақия, қызылды-жасылды, оюлы-өрнекті киім киінетін, әрі әнші, әрі ақын, қасында өнерпаз жастар топ-тобымен жүретін өнерлі жігіт.* **2.** *Байырға қазақ қоғамында сән-салтанатымен ел аралап жүріп ән, сөз өнерін тарататын, халықтың сауығын ғана емес мүддесін де көздейтін өнерлі, суырып салма, әнші, күйші, шешен адамдар тобының атағы, салдар институтының өкілі.*

**Сал мен сері.** э т н . ***Сал-сері.*** **Сал шапан.** *Өте құнды матадан тігіліп, әшекейлеп-кестеленген бағалы сырт киім.*

**САЛ**[4] с ы н . *Заттың күйін, қимыл-әрекетін күшейту мәнінде жұмсалатын сөз.* **1.** *Алғыр, мықты.* **2.** *Өте, тым.* **3.** *Еркін, кең.*

**САЛ**[5] з а т . е с к і к і т . *Ұмтылыс.*

**САЛ=** е т. **1.** *Затты, нәрсені сақтау, тығу.* **2.** *Басқа заттың орнына қою. // Қапшық, қалта т.б. затқа не екінші бір затты енгізу.* **3.** *Үй, құрылыс, көпір жол жасау, құру.* **4.** *Бір нәрсені пошта арқылы жіберу, жөнелту.* **5.** *Егін егу, өсіру.* **6.** *Періп қалу, ұру.* **7.** *Пышақ, қанжар сияқты өткір заттарды сұғу, адамды немесе малды жарақаттау.* **8.** *Бүркітті, саят құстарын аулауға жіберу.* **9.** *Бір затқа бір затты араластыру, қосу.* **10.** *Бір нәрсенің суретін қағазға т.б. түсіру, бейнелеу.* **11.** *Тұратын орнына, сұғу орнына орналастыру.* **12.** *Басқа, мойынға орамал жабу.* **13.** к ө н е . *Тастау, қалдырып кету.* **14.** *Алыстағы адамға пошта арқылы, банкомат арқылы ақша жіберу.* **15.** *Етістік сөздермен тіркесіп келіп, өз қолымен жасады, өзі істеді деген мағынаны береді.* **16.** *Негізгі етістікке тіркесіп, жалма-жан, сол бойда деген мағынаны үстейді.* **17.** *Тігу, бәс тігу, құнды, бағалы затына айырбастау.*

**Салған беттен [жерден, бойдан].** *Шу деген-нен, ә дегеннен, бірден.* **Салған беттен қайтпады.** *Бағытынан айнымады.* **Салған бойы [бойымен].** *Сол бойда, бірден.* **Сал қарағай.** *а)Терең сулардан өту үшін сал жасайтын кепелтек қарағай бөренесі. ә) бейн. Үлкен, биік өскен қарағай.* **Сал қарын.** *Қарны жер тіреген, іші үлкен.* **Салып ұрып [отырып].** *Бас салып, бірден.*

**САЛА**[1] з а т . **1.** *Сайдың ашасы, өзен ортасының тарауы.* **2.** *Ғылым, өнер, әдебиет, мәдениеттің, қоғамның бір арнасы, бөлік, тармағы.* **3.** *Белгілі бір өнеркәсіптің, шаруашылықтың, өндірістің және т.б. жеке бөлігі, тармағы.* **4.** *Жан-жақ, төрт тарап.* **5.** *Ірірек ағын суға немесе көлге құятын ағын су.*

**Сала құрылымын талдау.** э к о н . *Саладағы бәсекелестіктің ең маңызды құрамбөліктерін анықтайтын талдау.* **Сала байлады.** *Ұзын етіп, кере құлаш байлады.* **Сала бұғы.** *Үлкен, ірі бұғы.* **Сала құлаш.** *Құлаш созым, екі қол саласындай болатын халықтық ұзындық өлшем.* **Сала құлаш.** *Құлаш созым, екі қол саласындай ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.*

**САЛА**[2] з а т . к ө н е . *Сай.*

**САЛААРАЛЫҚ** с ы н . *Салалар арасындағы.*

**САЛАБА** с ы н . *Тозығы жеткен, алба-жұлба.*

**САЛАБАЙ-САЛҚАМ** с ы н . *Алқам-салқам.*

**САЛАБАЛАН=** е т. *Ұйысу, қобырау.*

**САЛАКА** [лат. harengus membras] з а т . з о о л . *Майшабақ тұқымдасына жататын балық.*

**САЛАҚ** с ы н . **1.** *Кір, лас.* **2.** *Шаруаға ыңғайы жоқ, қырсыз, құнтсыз, ұқыпсыз, еріншек.* **3.** *Жайбарақат, бейқам.*

**Салақ қарады.** *Немқұрайды, салқын қарады, елемеді.*

**САЛАҚПАН** з а т . к ө н е . *Атылатын қарудың бір түрі.*

**САЛАҚ-САЛАҚ** е л і к . *Салпылдаған, солп-солп еткен ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Салақ-салақ етті**. *Салпақ қақты, салпақтады.*

**САЛАҚСУ** *Салақсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛАҚСЫ=** е т. *Жұмысқа, іске қалай болса, солай немқұрайды қарау, мән бермеу.*

**САЛАҚТА=** е т. *Бұлғаңдау, далбаңдау, салақ-салақ ету.*

**САЛАҚТАН=** е т. *Салақ-салақ ету.*

**САЛАҚТАТ=** е т. *Салақ-салақ еткізу, далақтау.*

**САЛАҚТАТУ** *Салақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛАҚТАУ**[1] с ы н . **1.** *Ұқыпсыздау, шаруаға қыры жоқтау.* **2.** *Шорқақтау, епсіз.*

**САЛАҚТАУ**[2] *Салақта етістігінің қимыл атауы; бос жүріске салыну, салпақтау, құр әуре болу.*

**САЛАҚТЫҚ** з а т . **1.** *Тазалық сақтамаушылық, ластық.* **2.** *Ұқыпсыздық, шаруаға, іске қыры жоқтық.* **3.** *Немқұрайдылық, мән бермеушілік.* **4.** *Бейқамдылық, жайбарақаттылық.*

**САЛАЛА=** е т. **1.** *Сала-салаға бөлу, жүйелеу, тармақтау.* **2.** *Саусақты тарамдау.* **3.** *Сала-саламен жүру.*

**САЛАЛАН=** е т. *Сала-салаға бөліну, тармақталу.*

**САЛАЛАНУ** *Салалан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛАЛАС** с ы н . *Тармақтас, теңдес.*

**Салалас құрмалас сөйлем.** л и н г в . *Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.*

**САЛАЛАУ** *Салала етістігінің қимыл атауы.*

**САЛАЛЫ** с ы н . *Тармақты, ұзын (саусақ).*

**Салалы зығыр.** ө с. *Біржылдық өсімдік; талшықты зығыр.*

**САЛАЛЫҚ** с ы н . *Аймақтық, кәсіптік.*

**Салалық ақпарат.** и н ф . *Шаруашылықтың қандай да бір саласына жататын және оның ерекшеліктерін көрсететін ғылыми және өндірістік ақпарат.* **Салалық кеме.** ә с к. *XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы желкенді флоттағы ірі үш мачталық ұрыс кемелерінің атауы.* **Салалық статистика.** *Халық шаруашылығының жекелеген салаларын немесе қоғамдық өмір саласын зерделейтін статистика саласы.*

**САЛАЛЫШӨП** з а т . ө с. <лат. brachiaria> *Астық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік.*

**САЛАМ** з а т . *Шөп-шаламның үйіндісі, илеу.*

**САЛАМАНДРА** [лат. salamandridae] з а т . з о о л . *Құйрықты қосмекенділер отряды тұқымдасының бірі.*

**САЛАМАТ** [ар. سلامة] з а т . *Аман, сау. // Әлқуатты, жаны сау.*

**Саламат болсын.** т і л е к. а) *Аман-есен, ауру-сырқаудан аман болсын.* ә) *Біреу арқылы сәлем айтылғанда берілетін жауап.*

**САЛАМАТТЫ** с ы н . *Дені сау, денсаулығы жақсы.*

**Саламатты өмір салты.** қ о ғ . - ә л е у м . *Қоғамның, халықтың, жеке адамның денінің саулығы, ішімдік, нашақорлық тәрізді көлденең кеселден тазалығы, дене мәдениеті мен рухани мәдениеттің үйлесімділігі.*

**САЛАМАТТЫҚ** з а т . *Дененің саулығы, денсаулық, ауру-сырқау еместік, саулық.*

**САЛАМАТТЫЛЫҚ** з а т . *Саламатты өмір салты.*

**САЛАНГАН** з а т . з о о л . *Оңтүстік Шығыс Азия, Австралия, Үнді және Тынық мұхит аралдарында тіршілік ететін, сұрқарлығаштар тобына жататын, ұзындығы 10–14 см құс.*

**САЛАҢ** елік. *Аяқ астынан, сопаң еткен қысқа қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Салаң етіп**. *Аяқ астынан, күтпеген жерден.* **Салаң ете қалды [түсті].** *Сопаң ете қалды, аяқ астынан тап болды.*

**САЛАҢДА=** ет. *Салаң-салаң ету, салпақтау.*

**САЛАҢДАТ=** ет. *Салаң-салаң еткізу.*

**САЛАҢДАТУ** *Салаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛАҢДАУ** *Салаңда етістігінің қимыл атауы.*

**САЛА-САЛА** сын. *Тарам-тарам сараланған, бөлім-бөлім.*

**САЛАТ** [итал. salato] зат. **1.** өс. *Жапырақтары шикі күйінде жеуге жарайтын бақша өсімдігі.* **2.** *Көкөністен әзірленетін, кейде жұмыртқа, ет немесе балық және тағы басқаларды қосып дайындайтын салқын тағам, басытқы.* **Салат құрамы.** тамақ. *Басытқы жасалатын көкөністер мен қоспалар түрі.*

**САЛАУАТ**[1] [ар. صلوات] зат. **1.** діни. *Құран Кәрімдегі бұйрық бойынша пайғамбарға жарылқау, құрмет, құттықтау, дұға тілеу мағынасында арнайы жасалатын құлшылық түрі.* **2.** сөйл. *Есен-сау, саламат.* **3.** ауыс. *Сән-салтанат.*

**Салауат айтты.** діни. а) *Мұсылмандық шарты бойынша әр кез аты аталған сайын немесе арнайы еске салу арқылы Мұхаммед пайғамбарға Алладан рақым тілеп, дұға жасады.* ә). *Намаздың әрбір екінші және соңғы рәкатындағы отырыста оқылуы шарт болып табылатын Мұхаммед пайғамбарға жарылқау, құрмет, рақым тілейтін («ас-Салауат») дұғасын оқыды.*

**САЛАУАТ**[2] [ар. صلوات] зат. **1.** тар. *Бітім, кешірім.* **2.** жаңа. заң. [грек. amnestia] *Жоғары ресми орган тарапынан сотталғандарға берілетін жартылай және толық кешірім.*

**Салауат қылды**. а) *Бітімге келді, кешірім жасады.* ә) ескікіт. *Қабылдады.*

**САЛАУАТТАН=** ет. *Сән-салтанатын көрсету.*

**САЛАУАТТЫ** сын. **1.** *Сән-салтанатты, әсем.* **2.** *Парасатты, байыпты.*

**Салауатты өмір салты.** сөйл. ***Саламатты өмір салты.***

**САЛАУАТТЫҚ** сын. сөйл. *Саулық, амандық.*

**САЛАУАТТЫЛЫҚ** зат. *Парасаттылық, байыптылық.*

**САЛАУБАС** зат. өс. <лат. helichrysum> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**САЛАУМАЛЕЙКУМ** [ар. السلام عليكم] зат. *Ассалаумалейкум деп ер адамның амандасуының бейтарап түрі.*

**САЛАФИТ** зат. діни. *Исламның барлық сүннеттерін күнделікті өмірде ұстануға шақыратын Исламдағы бағыт өкілі.*

**САЛАХИЯТ** [ар. صلاحية] зат. *Қабілеттілік, құдіреттілік.*

**САЛБАҚТА=** ет. сөйл. ***Салпақта.***

**САЛБАҢДА=** ет. *Салбаң-салбаң ету, салпаңдау, салбырау.*

**САЛБАҢДАУ** *Салбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**САЛБӨКСЕ** сын. *Енжар, селқос.*

**Салбөксе болды.** *Бөксесін көтере алмады; әбден қалжырады, шаршады.*

**САЛБӨКСЕЛІК** зат. *Сылбырлық; енжарлық.* **Салбөкселік танытты.** *Енжарлық көрсетті, керенау қимылдады.*

**САЛБУРЫН** зат. этн. көне. *Қыс маусымында аңшы, саятшылардың топталып, бірнеше күнге аң аулауға шығу салты.* **Салбуырынға шығу.** *Саятшылыққа көп кісі болып қос тігіп шығу.*

**САЛБЫР** сын. *Салақтаған, салыңқы.*

**САЛБЫРА=** ет. **1.** *Төмен қарай түсіп тұру, салақтау.* **2.** ауыс. *Еңсесі түсу, қажу, шаршау, ұнжырғасы түсу.*

**САЛБЫРАЙ=** ет. сөйл. ***Салбыра.***

**САЛБЫРАҢҚЫ** сын. **1.** *Төмен түсіңкі; салбыраған.* **2.** *Киімнің тозып, олпы-солпы болуы.* **3.** ауыс. *Еңсесі түсіңкі, көңілсіз.*

**Салбыраңқы тартты.** *Ескірді, өңі кетті, өңсізденді деген мағынада.*

**САЛБЫРАҢҚЫРА=** ет. *Салбырай түсу, төмен түсіңкіреу.*

**САЛБЫРАҢҚЫРАУ** *Салбыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**САЛБЫРАТ=** ет. *Төмен түсіру, еңкейту.*

**САЛБЫРАТУ** *Салбырат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛБЫРАУ** *Салбыра етістігінің қимыл атауы.*

**САЛБЫР-САЛАҚ** сын. *Қалай болса, солай, іркіс-тіркіс.*

**Салған жерден.** *Басынан-ақ, бірден.*

**САЛҒАННАН** үст. *Кіріскеннен, ә дегеннен, алғаш бастағаннан.*

**САЛҒАНСУ** *Салғансы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒАНСЫ =** ет. *Салған саяқты болу.*

**САЛҒАСТЫР=** ет. *Салыстыру, теңестіріп көру.*

**САЛҒАСТЫРМАЛЫ** сын. *Салыстырмалы, салыстыратын.*

**Салғастырмалы грамматика.** лингв. *Шығу төркіні әрбасқа тілдердің грамматикалық құрылыстары мен категорияларын зерттейтін сала.* **Салғастырмалы тіл білімі.** лингв. *Туыс емес тілдердің құрылымы мен жүйесін қатар қойып, салыстыратын тіл білімінің бір саласы.*

**САЛҒАСТЫРУ** *Салғастыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫЗ=** ет. **1.** *Сурет салдыру.* **2.** *Үй, ғимарат тұрғызу.* **3.** *Қойғызу, орналастыру.*

**САЛҒЫЗУ** *Салғыз етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫЛАС=** ет. *Айтысу, пікір таластыру.*

**САЛҒЫЛАСҚЫШ** сын. *Айтысқыш, даукес.*

**САЛҒЫЛАСТЫР=** ет. *Айтыстыру, пікір таластырту.*

**САЛҒЫЛАСТЫРУ** *Салғыластыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫР** зат. көне. тар. *Ежелгі түркі-оғыз тайпасы.*

**САЛҒЫРТ**[1] зат. тар. *Салық, алым.*

**САЛҒЫРТ**[2] сын. **1.** *Немқұрайды, селқос, көңілсіз, енжар.* **2.** *Жай, ілбіп.* **3.** *Аңқау, аңғал, бейқам.*

**Салғырт толтырғыштар.** хим. *Материалдардың меншікті жұмсалуын азайту үшін қосылатын, бірақ алынатын бұйымның эксплуатациялық қасиеттеріне әсер етпейтін толтырғыштар.*

**САЛҒЫРТРАМА** зат. көне. *Салық.*

**САЛҒЫРТ-САЛАҚ** сын. *Селқос, бейқам, қалай болса солай.*

**САЛҒЫРТСУ** *Салғыртсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫРТСЫ=** ет. *Немқұрайды қарау, селқостану.*

**САЛҒЫРТСЫН=** ет. *Немқұрайлылану, салақсу.*

**САЛҒЫРТСЫНУ** *Салғыртсын етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫРТТАН=** ет. *Салғырттық таныту, немқұрайды қарау, салғырт тарту.*

**САЛҒЫРТТАНУ** *Салғырттан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҒЫРТТАУ** сын. *Селқостау, сүлесоқтау.*

**САЛҒЫРТТЫҚ** зат. *Селқостық, енжарлық.*

**Салғырттыққа салынды [салғырттық басты].** *Селқостыққа салынды, немқұрайдылық істеді.*

**САЛҒЫШ** сын. *Сала беретін.*

**САЛҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта салу, сала беру.*

**САЛҒЫШТЫҚ** зат. *Сала бергіштік қасиет.*

**САЛДАЙ** сын. *Сал сияқты, сал тәрізді.*

**САЛДАҚ: салдақ болды.** *Екі сөзді, екіжүзді болды.*

**САЛДАҚЫ** сын. *Қар, сайқал, жүзі қара.*

**САЛДАҚЫДАЙ** сын. *Салдақы сияқты, салдақы тәрізді.*

**САЛДАҚЫ-ҚАР** зат. *Сайқал, жүзіқара.*

**САЛДАҚЫЛА=** ет. *Абыройын төгу, қорлау, зорлау, намысын аяққа таптау.*

**САЛДАҚЫЛЫҚ** зат. *Жүзіқаралық, сайқалдық.*

**САЛДАМА** сын. көне. *Тозған, ескі.*

**САЛДАМАН** сын. жерг. **1.** *Салдақы, жезөкше.* **2.** ауыс. *Арсыз, жеңілтек, абыройдан жұрдай.*

**САЛДАН=** ет. *Сал болып қалу, жансыздану.*

**САЛДАНУ** *Салдан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛДАР** зат. *Қандай да бір әсердің теріс нәтижесі, жағымсыз көрініс; кесірі.*

**САЛДАРЛЫ** сын. сөйл. *Байыпты, салмақты, салауатты.*

**САЛДАРЛЫҚ** зат. сөйл. *Байсалдылық, салмақтылық.*

**САЛДАУ**[1] зат. *Сырық, сырғауыл, шанжа.*

**САЛДАУ**[2] сын. *Салсымақ, ептеген салдығы бар.*

**САЛДАУЫР** зат. *Салмақты, ауыр зат.*

**САЛДУАР** зат. кәс. *Аудың астына байлайтын, қармақтың ілмесінің сағасына тағатын ауыр зат; қорғасын, тас, темір.*

**САЛДУАРЛЫҚ** зат. *Серілік, салдық.*

**САЛДЫБАЛАҚ** сын. жерг. *Салпыетек.*

**САЛДЫҚ** зат. **1.** *Салға тән іс-әрекет, мінезқұлық.* **2.** *Серілік, мырзалық, кербездік.*

**Салдық құрды.** *Салға тән іс-әрекет жасады; салдарша киініп, ел аралап, ойын-сауық құрды.*

**САЛДЫР** елік. *Жұқа темір заттың бір-біріне немесе басқа қатты затқа соқтыққанда шығатын қысқа қатты дыбысты білдіретін сөз. //Заттардың бір-біріне соқтығысуынан шығатын дыбыс, қаңғыр.*

**Салдыр қақты.** *Даңғырлады, салдырады.*

**САЛДЫР=** ет. **1.** *Орнату, жасату.* **2.** *Тұрғызу, көтеру.* **3.** *Бергізу, жинату.* **4.** *Салғызу, жаптыру.*

**САЛДЫРА=** ет. **1.** *Қаңғырлау, күңгірлеу.* **2.** ауыс. *Әлсіреу, дел-сал болу, босау.* **3.** ауыс. *Қаусау, құрау.*

**САЛДЫРАҚ** сын. *Салдыр-гүлдір еткен, салдырлақ.*

**САЛДЫРАУ** *Салдыра етістігінің қимыл атауы; босаңсу, ұю, жансыздану.*

**САЛДЫРУ** *Салдыр етістігінің қимыл атауы; қақтыру, ұрғызу, қаптаттыру.*

**САЛДЫР-ГҮЛДІР** елік. *Тарсыл-гүрсіл, қаңғыр-күңгір еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**САЛДЫРЛА=** ет. *Қаңғырлау, күңгірлеу.*

**САЛДЫРЛАҚ** сын. **1.** *Қаңғырлақ, дүңгірлек.* **2.** ауыс. *Ашық-жарқын, бүкпесі жоқ.*

**САЛДЫРЛАТ=** ет. *Қаңғырлату, даңғырлату.*

**САЛДЫРЛАТУ** *Салдырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛДЫР-САЛАҚ** сын. *Істі қалай болса, солай істей салатын берекесіз, ұқыпсыз.*

**САЛДЫР-САЛАҚТЫҚ** зат. *Немқұрайдылық, ұқыпсыздық.*

**САЛДЫР-СҰЛДЫР=** елік. *Салдыр-гүлдір, қаңғыр-күңгір еткен күрделі ашық әрі қысаң дыбысты білдіретін сөз.*

**САЛДЫРТ[1]=** ет. *Салғызу, төсету.*

**САЛДЫРТ[2]=** ет. *Әлсіреу, дел-сал болу.*

**САЛДЫРТУ** *Салдырт етістігінің қимыл атауы.*

**САЛДЫРТЫП** үст. *Қатты жүріп, салып-ұрып.*

**САЛДЫРУ** *Салдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЖҰҚТАР** зат. тар. *Түркі-оғыз тайпаларының бір тармағы.*

**САЛИҚА** [ар. صالحة] сын. сөйл. ***Салиқалы.***

**САЛИҚАЛАН=** ет. *Байсалдану, салмақтану.*

**САЛИҚАЛАНУ** *Салиқалан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛИҚАЛЫ** сын. **1.** *Байсалды, ұстамды.* **2.** *Мәнді, мазмұнды.*

**Салиқалы қыз болды.** *Естияр, орнықты, ой тоқтатқан қыз болып өсті.*

**САЛИҚАЛЫҚ** зат. *Байсалдылық, ұстамдылық.*

**САЛИҚАЛЫЛЫҚ** зат. *Байсалдылық, ұстамдылық.*

**САЛИПРИН** [лат. salipyrin] зат. вет. *Суда айтарлықтай ерімейтін, спиртте тез еритін, тіл қуырарлық сәл тәтті дәмі бар ақ ұнтақ.*

**САЛИХ** ар. сын. *Жақсы; мейірімді; адал*

**САЛИЦИЛ: салицил қышқылы.** [лат. acidum salicylicum] зат. мед. *Спирт пен эфирде, майда еритін сәл тәтті, ашқылтым дәмі бар ине тәрізді ақ кристалл.*

**САЛКҮРЕҢ** зат. этн. *Асыл тұқымды тұлпар.*

**САЛҚА**: **салқа жортты**. *Жедел, шапшаң жүрді.*

**САЛҚАЛА=** ет. көне. *Айқын көріну, көзге түсу.*

**САЛҚАМ[1]** сын. көне. *Ержүрек, батыр.*

**САЛҚАМ[2]** сын. **1.** *Аңғал, аңғырт, құлығы жоқ; ақжарқын.* **2.** ауыс. *Анайы, әдепсіз, арсыздау.*

**САЛҚАМ[3]** сын. *Тозығы жеткен, алқа-салқа.*

**САЛҚАМДАН=** ет. *Дал-дал болу, қирау.*

**САЛҚАМДАНУ** *Салқамдан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚАМСОҚ** сын. *Салдыр-салақ, алқам-салқам.*

**САЛҚАМСОҚТАН=** ет. *Салдыр-салақ, қалай болса, солай жүру.*

**САЛҚАМСОҚТАНУ** *Салқамсоқтан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚАМСОҚТАУ** сын. *Қалай болса солай, алқам-салқамдау.*

**САЛҚАМСУ** *Салқамсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚАМСЫ=** ет. *Салқам , аңғал болғансу, салқам көріну.*

**САЛҚАР** сын. **1.** *Кең, мол; шалқар.* **2.** *Ұзын, көп, ұлкен, шұбырған.*

**САЛҚИ=** ет. *Салпию, солпию.*

**САЛҚИЮ** *Салқи етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚЫ** сын. жерг. *Селсоқ, енжар, босаң.*

**САЛҚЫ**: **салқы төс [төсті].** саят. *Төсі түсіңкі, салпиған.*

**САЛҚЫЛЫҚ** зат. *Селсоқтық, босаңдық, енжарлық.*

**САЛҚЫН** сын. **1.** *Жылы емес, суықтау.* // *Ызғар.* // *Таңғы, кешкі уақыттар, күннің ысымаған кезі.* **2.** *Қоңыр салқын, жанға жайлы.* **3.** ауыс. *Көңілсіз, жақтырмай, ұнатпай.* **4.** ауыс. *Бауырмалшылығы жоқ, қатал мінезді (адам).* **5.** ауыс. *Араз, жау.* **6.** ауыс. *Көңілсіз, қызықсыз.* **7.** ауыс. *Өмірден түңілген, үмітсіз.*

**Салқын ақыл**. *Сабыр, байып.* **Салқын амандасты.** *Селқос қана сәлемдесті.* **Салқын жүрек**. *Суықтау, тасбауыр, қатыгез.* **Салқын қабақ**. *Мейірімі аз, сыртқа тебінкіреген көзқарас.* **Салқын қабақ**. *Көңілсіздік, немқұрайлылық.* **Салқын қабылдады.** *Ықылассыз кейіп білдірді, жақтырмады.* **Салқын қанды.** *Нем кетті, селқос деген мағынада.* **Салқын қанмен**. *Сабырмен, салмақтылықпен, ашу-ызасыз, ақылмен.* **Салқын қарады**. а) *Немқұрайды қарады, жылышырай танытпады.* ә) *Тағдыр тәлкегіне салды.* **Салқын ойлы.** *Қызу-қызбасыз, байыпты деген мағынада.* **Салқын самал.** *Қоңыр салқын жел.* **Салқын сөйледі.** *Реніш сызын айтты деген мағынада.* **Салқын тағамдар. тамақ.** *Қыздырылмай немесе төмен температурада дайындалатын, адамның асқа деген тәбетін ашу үшін ыстық тамақтың алдында берілетін, кейде таңертең және кешке негізгі ас болатын тамақ.* **Салқын тартты.** а) *Салқындады, салқын түсе бастады.* ә) *Суынды, көңілі қалды.* б) *Қызығы кетті, көңілсізденді.* **Салқын тиді.** а) *Суықтап ауырды.* ә) *Кесірі жұқты, бір нәрсенің шалығы тиді.* **Салқын түсті.** *Күн суыды, ауа райы салқындады, жаз ыстығы өтті.* **Салқын тіскебасар.** тамақ. *Салқын күйінде жеуге арналған жеңіл тағамдар түрі.* **Салқын шай.** *Салқын түрінде ішілетін жаздық маусым, ыстық кезге арналған шөл басатын сусындық.* **Салқыны тиді**. *Кесірі, қырсығы тиді.*

**САЛҚЫНДА=** ет. **1.** *Салқын бола бастау, суыту.* **2.** *Ыстығын басу.* **3.** ауыс. *Адамдар арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы, суыуы.*

**САЛҚЫНДАС=** ет. *Араздасу, көңіл суытысу.*

**САЛҚЫНДАСУ** *Салқындас етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Желдету, ыстығын кетіру, суыту.* **2.** ауыс. *Араздастыру, көңіл суыту.*

**САЛҚЫНДАТҚЫШ** зат. тех. *Өндіріс салалары мен тұрмыс қажетінде ауаны салқындату үшін қолданылатын құрал.*

**Салқындатқыш бөгендер.** сушар. *ЖЭС-тардың, металл қорытатын зауыттардың пайдаланылған ыстық суларын салқындатып, қайта пайдалануға беретін бөгеттер.*

**САЛҚЫНДАТУ** *Салқындат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Суыту, ыстығын басу.* **2.** *Бұзылудан сақтау үшін тамақ өнімдерін тоңазытқышқа қою.*

**САЛҚЫНДАТЫЛ=** ет. *Салқын күйге келтірілу, суытылу, желдетілу.*

**САЛҚЫНДАТЫЛУ** *Салқындатыл етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚЫНДАУ** сын. **1.** *Суықтау, ызғарлау.* **2.** ауыс. *Көңілсіздеу, селқостау.*

**САЛҚЫНДАУ** *Салқында етістігінің қимыл атауы; суыну, мұздау, салқын тарту.*

**Салқындау қарады**. *Ренішті, жылы шырай бермеді; жақтырмады, немқұрайдылық көрсетті.* **Салқындау циклі.** *Біртіндеп салқындауға ауысу жүйесі.*

**САЛҚЫНДЫҚ** зат. **1.** *Суықтық, ызғарлық.* **2.** ауыс. *Енжарлық, селқостық.* **3.** ауыс. *Араздық, реніш, көңілсіздік.*

**САЛҚЫНҚАНДЫ** сын. *Салмақты, сабырлы, байыпты.*

**САЛҚЫНҚАНДЫЛЫҚ** зат. *Сабырлылық, салмақтылық, ұстамдылық.*

**САЛҚЫНСУ** *Салқынсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛҚЫНСЫ=** ет. *Самарқаулану, селсоқтану.*

**САЛҚЫНТЫМ** сын. *Салқындау, суықтау.*

**САЛҚЫНША** сын. жерг. ***Салқынтым.***

**САЛҚЫНШАЛАУ** сын. жерг. *Салқынтымдау.*

**САЛЛА** зат. ескі кіт. *Намаз оқу.*

**САЛЛАЛЛАҺУҒАЛАЙҺИУӘСӘЛЛӘМ** зат. діни. *Пайғамбар есімінен кейін аталатын салауат дұғасы.*

**САЛМА[1]** зат. этн. тамақ. *Иленген қамыр нанды май жағылған қазанға қарып пісіріп алғаннан кейін, оны пышақпен ұсақтап кесіп, сүтке қайнатып жасайтын тағам.*

**Салма көже.** тамақ. *Жайылған қамырдан төрт бұрыштап дайындамалар кесіліп салынатын көженің түрі.*

**САЛМА[2]** зат. тамақ. *Қаусырманың, көкөністердің, кәмпиттің және т.б. ортасына салынатын алуан түрлі қоспалар.*

**САЛМА[3]** зат. кәс. *Егінге су жіберетін арық.*

**САЛМА[4]** зат. *Құлып салу үшін, есікті бастырып тұратын темір.*

**САЛМА[5]** зат. кәс. *Балық аулауда қолданылатын, аудың аузына орнатылатын тас.*

**САЛМА[6]** зат. спорт. *Судың ортасына қойылған шағын спорт қайықтары үшін жасалған жүзіп жүрген жабдық немесе көпір.*

**САЛМАЙ** үст. *Айнытпай, жаңылмай; бірден.*

**САЛМАҚ** зат. **1.** *Заттың, нәрсенің ауырлығы.* **2.** <лат. netto> *Өлшенген заттың, нәрсенің көлемі, ауырлығы, күші.* **3.** ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық.* **4.** ауыс. *Бедел, орын.* **5.** ауыс. *Сабыр, ұстамдылық, байып.* **6.** ауыс. *Артылған жүк, міндет.* **7.** ауыс. *Мұң-шер, қайғы.* 8. спорт. *Дәрежесіне қарай бөлініп, сол сәтте өлшеніп, тіркелген спортшы денесінің ауырлық көлемі.*

**Салмағы ауыр.** *Жауапкершілігі зор, көп міндет жүктеген.* **Салмақ артты [салды, тастады].** *Міндет жүктеді, ауыртпалық салды.* **Салмағы батты.** *Ауырлық қылды, зияны тиді, жоқ жерден жауапкершілікке ие болды.* **Салмақ болды.** *Кедергі болды, тосқауыл болды.* **Салмақ дәрежесі.** спорт. *Сайысқа түсетін спортшылардың белгілі бір салмақ деңгейі, ауырлық көлемі.* **Салмақ қосты.** *Толды, семірді.* **Салмақ қосу** спорт. *Ауыр атлетикада жарыстың барысында белтемірге салмақ қосып отыру.* **Салмақ қуу** спорт. *Арнайы тәртіп бойынша немесе ас қабылдауды айрықша шектеу арқылы спортшы денесінің салмағын қолдан азайту.* **Салмақты тексеру** спорт. *Ақтық өлшену қарсаңындағы белгіленген уақыт аралығында өзінің салмағын жобалау үшін жарыс ережесінде көрсетілгендей байқап өлшену.*

**Салмақ түсті**. *Ауырлық түсті; қиыншылық көрді, ауыртпалықты көтеруге тура келді.* **Салмақты көтерді.** *Ауыртпалыққа, қиыншылыққа төтеп береді.* **Салмақ ұстау** спорт. *Спортшының салмақ көлемін қажетті шекте ұстай білуі.*

**САЛМАҚПЕН** үст. *Байсалдылықпен, байыппен.*

**САЛМАҚСУ** *Салмақсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚСЫ=** ет. *Салмақты болғансу, байсалдану.*

**САЛМАҚСЫЗ** сын. *Салмағы жоқ; ауыр емес, жеңіл.*

**САЛМАҚСЫЗДЫҚ** з а т . **1.** *Салмағы жоқтық, жеңілдік.* **2.** ф и з . *Гравитациялық тартылыс өрісіндегі механикалық жүйенің бөліктері бір-біріне қысым түсірмейтін және бірін-бірі деформацияламайтын күй.*

**САЛМАҚТА=** ет. **1.** *Ауырлығын байқап көру, салмағын сынау.* **2.** а у ы с . *Ақыл таразысына салу, ойлану.* **3.** а у ы с . *Қыр көрсету, көкірек көтеру.*

**САЛМАҚТАЛ=** е т. *Ақыл таразысына салыну.*

**САЛМАҚТАЛУ** *Салмақтал етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТАН=** е т. **1.** *Салмағы арту.* **2.** а у ы с . *Байсалды болғансу, нығыздану.*

**САЛМАҚТАНДЫР=** е т. **1.** *Салмағын арттыру.* **2.** а у ы с . *Байсалды болғансу, түсін суыту.*

**САЛМАҚТАНДЫРУ** *Салмақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТАНУ** *Салмақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТАС** з а т . х и м . *Дене массаларын өлшеуге арналған массалары әртүрлі таразы тастарының жинағы.*

**САЛМАҚТАС=** е т. *Салмақ артысу, салмақ салысу, қыр көрсетісу.*

**САЛМАҚТАСУ** *Салмақтас етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТАТ=** е т. **1.** *Салмағын өлшету.* **2.** а у ы с . *Ақыл таразысына салғызу, елеп-екшету.*

**САЛМАҚТАТУ** *Салмақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТАУ** *Салмақта етістігінің қимыл атауы.*

**САЛМАҚТЫ** с ы н . **1.** *Ауыр, салмағы көп.* **2.** а у ы с . *Байсалды, байыпты, орнықты (мінез).* **3.** а у ы с . *Нақты, анық, асықпай орнықты айтылған (сөз).* **4.** а у ы с . *Астарлы, зілді (сөз).* **5.** а у ы с . *Қиындықты, ауыртпалықты, қайғылы, дертті.*

**САЛМАҚТЫҚ** с ы н . *Ауырлық, салмақтылық.*

**Салмақтық талдау.** г е о л . *Зат құрамын сандық тұрғыдан анықтау әдістерінің бірі.* **Салмақтық ылғалсыйымдылық.** г е о л . *Таужыныс ұстап қалатын су салмағының оның құрғақ түрдегі салмағына қатынасы.*

**САЛМАҚТЫЛАУ** с ы н . **1.** *Ауырлау, салмағы көптеу.* **2.** а у ы с . *Байсалдылау, байыптылау.*

**САЛМАҚТЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Салмағы молдық, ауырлық.* **2.** а у ы с . *Байсалдылық, байыптылық.*

**САЛМАҚТЫРАҚ** с ы н . *Ауырырақ, күштірек, маңыздырақ.*

**САЛМАЛЫ** с ы н . *Алмалы-салмалы қос сөзінің екінші сыңары; алынып салынатын.*

**Салмалы карамель.** т а м а қ . *Ішіне әртүрлі салмалар салынған, әртүрлі пішінде жасалған карамельдер.* **Салмалы сомын.** т е х . *Құбырлардың және түтіктердің иілімді жеңдерін тығыздап қосуға (нипель арқылы) арналған саңылаулы тесікті қалпақша түрінде жасалған сомын.* **Салмалы шоколад.** т а м а қ . *Шоколадты, сүтті, қаймақты салмалары бар шоколадтар.*

**САЛМАТАЯҚ** з а т . к ө н е . *Қазіргі допты хоккей ойынының ерте кездегі атауы.*

**САЛМАУ: салмау тарту.** *Мүлгіген тыныштық орнау.*

**САЛМАУЫР** з а т . *Ұшына тас салып, жіптің серпінімен ататын құрал, зақпы.*

**САЛМОЙЫН** с ы н . *Өркөкірек, өте тәкаппар, тоңмойын.*

**САЛОЛ** з а т . *Суда ерімейтін, бірақ спиртте ерігіш, сәл хош иісті ақ ұнтақ зат.*

**САЛОМАС** з а т . х и м . *Күнбағыс майын сутектендіріп алатын қатты май.*

**САЛОН** [франц. salon] з а т . **1.** *Ұшақ, автобус т. б. жолаушылар көлігінің жолаушылар отыратын бөлмесі.* **2.** *Сауда үйлерінің бір дәлізі, тауарларды таныстыру залы және т.б.* **3.** *Косметикалық ем-домдар жасайтын бөлме, мекеме.*

**САЛОРАМАЛ** з а т . ж е р г . *Әйелдердің басына тартатын жеңіл орамал.*

**САЛП** е л і к . *Бір заттың төмен қарай салбырап түсіп кетуін бейнелейтін сөз.*

**Салп етті**. *Заттың, нәрсенің жерге түсіп кетуіне байланысты айтылады.*

**САЛПАЙ=** е т. *Төмен түсу, салбырау.*

**САЛПАЙТ=** е т. *Төмен түсіру, салбырату.*

**САЛПАЙТУ** *Салпайт етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПАҚ** з а т . *Әрлі-берлі сабылған жүріс, салпаң.*

**САЛПАҚТА=** е т. **1.** *Сабылып көп жүру.* **2.** *Қыр соңынан қалмай, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, соңына түсу.*

**САЛПАҚТАТ=** е т. **1.** *Сенделтіп, тентірету.* **2.** *Құр сандалту.*

**САЛПАҚТАТУ** *Салпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПАҚТАУ** *Салпақта етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПАҢ**[1] с ы н . *Салбыраған, төмен түскен.* **Салпаң құлақ.** а) *Құлағы салпиған.* ә) *Тыңшы, «жансыз».* б) *Түк білмес, ештеңемен ісі жоқ жуас.* **Салпаң құлақ түлендер.** з о о л. <лат. otariidaes> *Ескекаяқтылар отряды, құлақты түлендер тұқымдасына жататын, суда тіршілік етуге бейімделген сүтқоректілер тобы.* **Салпаң құлақты.** *Құлағы ұзын.*

**САЛПАҢ**[2] з а т . *Әрлі-берлі сабылған жүріс, салпақ.*

**САЛПАҢ**[3]: е л і к. ***Сопаң.*** **Салпаң етті**. *Сопаң етіп шыға келді.*

**САЛПАҢБАЙ** с ы н . *Құр сандалатын, берекесіз.*

**САЛПАҢДА**[1]**=** е т. *Салбырау, салпаң-салпаң ету.*

**САЛПАҢДА**[2]**=** е т. *Құр сандалып бос жүру, босқа әуре болу.*

**САЛПАҢДАС=** е т. *Сабылып көп жүрісу, құр сандалысу.*

**САЛПАҢДАСУ** *Салпаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПАҢДАТ=** е т. *Салбырату, салпаң-салпаң еткізу.*

**САЛПАҢДАТУ** *Салпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПАЙ=** е т. с ө й л . *Салбырау, төмен түсу.*

**САЛПАЮ** *Салпай етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПИ=** е т. *Салбырау, төмен түсу.*

**САЛПИТ=** е т. *Салбырату, төмен түсіру.*

**САЛПИТУ** *Салпит етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПИЮ** *Салпи етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПЫ** с ы н . *Салбыраған, төмен түсіңкіреген (ерін, ауыз).*

**Салпы ауыз.** *Төменгі ерні ерекше салбыраңқы адам.* **Салпы ерін [ерінді].** *Малдағы астыңғы ерін.* **Салпы етек**. *Салақ, пысық емес (әйел).* **Салпы құлақты**. *Салбыраған құлағы бар.* **Салпы құйрық [қой].** қ о й ш а р . *Құйрығының түп жағы жіңішкерек болып белдемеден төмен түсе бітіп, төменгі екі жаны сыртына қарай шығыңқы келіп, тірсегін не санын соға біткен қой.* **Салпы ерін.** *Салпиған қалың ерін.*

**САЛПЫЕРІНДІЛЕР** з а т . з о о л . *Тақтұяқтылардың тұқымдасы.*

**САЛПЫЛ** з а т . *Салпылдаған, қолпылдаған қозғалыс.*

**Салпыл қақты.** *Салпақтады, сенделді, сергелдеңге түсті.*

**САЛПЫЛАУ** с ы н . *Салбыраған, төмен түскен.*

**САЛПЫЛДА=** е т. **1.** *Салақтау, салбырау.* **2.** а у ы с . *Құр сандалу, босқа әуре болу.*

**САЛПЫЛДАҢҚЫРА=** е т. *Салақтаңқырау, салбырап кету.*

**САЛПЫЛДАТ=** е т. *Салақтату, салбырату.*

**САЛПЫЛДАТУ** *Салпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САЛПЫЛДАУ** *Салпылда етістігінің қимыл атауы; салп-салп ету, сандалу, сенделу.*

**САЛПЫНШАҚ**[1] з а т . э т н . *Зергерлік бұйымдарда, құйысқанда, кісенің жанында, жүгеннің сағалдырығында, өмілдірікте ұзбелі, өрнекті, салбырап тұратын әшекейлер.*

**САЛПЫНШАҚ**[2] з а т . о к к а з . *Кілт т.б. заттарды жинап ұстайтын шығыршық.*

**САЛПЫНШАҚТЫ** с ы н . *Салпыншағы бар.*

**САЛПЫС** з а т . өс. <лат. morina> *Салпыстар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

**САЛ-САЛ**[1] з а т . ә д е б . *Фольклорда қолданылатын (жанр, тәсіл) ұйқас түрі.*

**САЛ-САЛ**[2] ү с т . *Өне бойы мылжа-мылжа, дел-сал.* **Сал-сал болды.** *Буыны құрып, бойы босады.*

**САЛ-САМАЛ** з а т . *Самал жел; көктемнің жылы желі.*

**САЛ-САХАРА** з а т . *Шөл дала.*

**САЛ-СЕРІ** з а т . э т н . *Дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше өнерпаздықпен байланысты ұғым; сал мен серілердің жиынтық атауы.*

**САЛ-СЕРІЛІК** з а т . *Ойын-сауыққа елігушілік, салдық, серілік құрушылық.*

**САЛСҮЙЕК** с ы н . *Селқос, енжар, жалқау.*

**САЛТ**[1] з а т . **1.** *Халықтың кәсіп, сенім, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын дәстүр түрі.* **2.** *Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, жалпыға бірдей үйреншікті қылық, ырым, кәде.* **3.** *Ырым.* **4.** *Қалыпты жағдай, тәртіп, ұстаным.* **5.** а у ы с . *Жаман әдет, теріс қылық, келеңсіз мінез.* **6.** *Діни наным-сенім.*

**Салт айтысы.** э т н . ф о л ь к . *Халықтың әдет-ғұрпы мен сенім-нанымына, күнкөріс кәсібіне байланысты қалыптасқан айтыстың ежелгі түрі.* **Салт атты [басты], сабау қамшылы.** а) *Жалғыз басты, бойдақ.* ә) *Малы жоқ, жарлы-жақыбай.* **Салт атты.** *Атқа салт мінген.* **Салттан [дәстүрден, ғұрыптан] аттады.** *Әдет-ғұрыптан озды, салтты бұзды.* **Салтына берік.** *Әбден қалыптасқан, тұрақты; салт-дәстүрі бұзылмаған.* **Салтына түсті.** *Дағдылы әрекетін жасады, кемеліне кеп, батырлық салтын жасады.* **Салт басты [атты], сабау қамшылы.** *Үйленбеген, бойдақ; салт.* **Салт басты, сабау қамшылы.** *Сыбай-салтаң жалғыз басты, үйленбеген бойдақ (адам).* **Салт көсем.** *Арбаның жетегіне жегілетін аттың жанындағы жол бастап, басқа аттарды жүрісімен еліктіріп жүретін, жол салып отыратын, жолдан жаңылмайтын жүрісі қарымды ат.* **Салт мініс жылқысы.** а у ы л ш а р . *Мініс жылқысы.* **Салт мінді.** *Атқа жеке, бір өзі отырды.*

**САЛТ**[2] ү с т . *Жеке, жалғыз; бір өзі. // Жүгі жоқ.*

**Салт ат.** *Жеке мінуге арналған ат, мініс аты.* **Салт атты**. *Атқа салт мінген.* **Салт басты [атты], сабау қамшылы.** а) *Бір өзі, жалғыз; үйленбеген, бойдақ.* ә) *Малы жоқ, жарлы-жақыбай.* **Салт етістік.** лингв. *Табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгере алмайтын, тура объектіге сабақталмай-ақ, жанай жүзеге асатын етістік.* **Салт жүру**. *Үйленбей, бойдақ жүру.* **Салт мінді.** *Атқа жүк артпай, арба жекпей, өзін жеке мінді.* **Салт мініс.** *Жеке мінуге арналған.*

**САЛТАҚ** сын. *Былғанған, лас, кір.*

**САЛТАҚ-САЛТАҚ** сын. *Кір-кір, лас.*

**САЛТАҚТА=** ет. *Ластау, былғау.*

**САЛТАҚТАН=** ет. *Ластану, былғану.*

**САЛТАҚТАНУ** *Салтақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САЛТАҚТАУ**[1] *Салтақта етістігінің қимыл атауы.*

**САЛТАҚТАУ**[2] сын. *Кірлеу, ластау.*

**САЛТАНАТ** зат. **1.** *Барлық пен байлықтың әдемі үйлесімі, сәулетті, сәнді көрініс.* **2.** ауыс. *Дастарқан байлығы, көл-көсір тамақ.* **3.** ауыс. *Жасау-жабдық.* **4.** ауыс. *Асқан әдемілік, сұлулық.* **5.** ауыс. *Жөнсіз мереке; у-шу, дақпырт, даңғаза.* **6.** ауыс. *Сән, қуаныш.* **7.** жерг. *Салт.* **8.** ауыс. *Қызық думан.*

**Салтанат құрды**. *Мерейі үстем болды, дәуірледі.* **Салтанат түзеді**. *Салтанат құрды.* **Салтанаты жарасты.** *Сәулеті дәулетіне сай келді.* **Салтанат құрды.** *Жарастықты сән түзеді.*

**САЛТАНАТТЫ** сын. **1.** *Бай, дәулетті.* **2.** *Ресми, мерекелік.* **Салтанатты көш.** этн. *Жасау-жабдығы мол, сәнді көш.*

**САЛТАНАТТЫҚ** сын. *Салтанатқа, тойға, мерекеге арналған (тән).*

**САЛТАНАТТЫЛЫҚ** зат. *Сәнділік, әдемілік.*

**САЛТАҢ** үст. *Жеке, дара; бойдақ.*

**Салтаң бас**. *Өзі ғана, жеке басы.* **Салтаң жүріс.** *Бос, жүксіз жүріс.* **Салтаң тәжірибе.** хим. *Таңдалып алынған әдісті нақтылау үшін немесе құралды тексеру үшін жүргізілетін тәжірибе.*

**САЛТАҢДА=** ет. *Селтеңдеу, салпылдау.*

**САЛТ-ДӘСТҮР** зат. мәд. *Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы.*

**САЛТЕНТЕК** зат. вет. *Жынды, барлық малда болатын ауру.*

**САЛТҚЫ**[1] зат. **1.** *Қақпаны ішінен ілетін көлденең ағаш.* **2.** жерг. *Қасқырға құратын қақпанды бекітетін ауыр ағаш.*

**САЛТҚЫ**[2] зат. кәс. *Қармақ қалтқысы.*

**САЛТ-МАШЫҚ** зат. *Халық тұрмысында ежелден қалыптасқан дәстүр, әдет-ғұрып.*

**САЛТ-САНА** зат. *Қоғамдық ойдың, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың жиынтығы.*

**Салт-сана бұзылу.** *Қоғам тіршілігінде бұрыннан қалыптасқан салт-дәстүрдің өзгеруі.*

**САЛТТА=** ет. *Салт, жеке-дара жүру, салт міну.*

**САЛТТАН=** ет. *Үйреншікті әдетке, дағдыға айналу.*

**САЛТТЫ** сын. *Атқа салт мінген, салт жүрген.*

**САЛТШЫЛ** сын. *Әдет-ғұрыпты берік ұстағыш, дәстүріне берік.*

**САЛТЫНША** үст. *Салты бойынша, әдетінше, ғұрпынша.*

**САЛУ** *Сал етістігінің қимыл атауы. Қандай да бір құрылысты (үй, көпір, жол) тұрғызу.*

**САЛУАЛЫ**[1] сын. көне. *Салиқалы; салтанатты.*

**САЛУАЛЫ**[2] сын. жерг. *Ақылды, байсалды, үлгілі.*

**САЛУЛЫ** сын. **1.** *Салып қойған, төселген.* **2.** *Кигізілген, сұғылған.*

**Салулы төсек, салқын үй.** *Жайлы, қолайлы жағдай.*

**САЛУШЫ**[1] зат. ***Нансалушы*** *(мамандық).*

**САЛУШЫ**[2] сын. *Бір нәрсені жасаушы, істеуші.*

**САЛУЫ** зат. *Бір нәрсенің ыңғайы болу, ісі оңғарылу, сәті түсу жайы, салым.*

**САЛФЕТКА** зат. **1.** *Тамақ ішкеннен кейін, ауызды, қолды сүртетін, қағаздан не шүберектен жасалған қолорамал, майлық, майқағаз.* **2.** *Шағын үстелге арналған кішкене дастарқан.*

**САЛХАР** зат. сын. *Ұзыннан-ұзақ, шетсіз-шексіз, кең, мол.*

**САЛШЫ** зат. *Сал жүргізуші, салды басқарушы.*

**САЛЫ**[1] [ар. شال] зат. **1.** *Әйелдер басына салатын үлкен түбіт орамал, шәлі.* **2.** ауыс. *Түн қараңғылығы.*

**САЛЫ**[2] зат. жерг. **1.** *Күріштің орылмаған, пісіп тұрған кезі.* **2.** *Күріштің сабағы.* **3.** *Тары сабағын дәнімен байлап қойған түрі.* **4.** *Қабығынан, қауызынан тазаланбаған, түйілмеген күріш.*

**САЛЫ**[3]**: салы суға кетті.** *Еңсесі түсті, мойнына су құйылды, түңілді.* Салы суға кетті. *Мойнына су құйылды, еңсесі түсті.* **Салы суға кетті.** *Үнжырғасы түсті.*

**САЛЫҒУ** *Салық етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫҚ**[1] зат. экон. *Жеке адам мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік алым.*

**Салық агенті [инспекторы].** экон. *Салық заңнамасына сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару міндеті жүктелген заңды тұлға, жеке кәсіпкер.* **Салық базасы.** экон. *Салықтар мен бюджетке төленуге тиіс басқа да міндетті төлемдердің сомасы анықталатын салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттық немесе өзге де сипаттамасы.* **Салық берешегі.** экон. *Бересі сомасы; сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың төленбеген сомасы.* **Салық есептемесі.** экон. *Салық төлеуші салық органдарына табис ететін салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараттан тұратын құжаттама.* **Салық ескертпесі.** экон. *Сыртқы экономикалық өзара шарттарды, қызметтер көрсету туралы шарттарды, несие келісімдерін жасасу кезіндегі заңды талаптар.* **Салық жеңілдіктері.** экон. *Заңнамаға сәйкес салық төлеушілерді салықтан толық немесе ішінара босату.* **Салық жүйесі.** экон. *Алынатын салықтар мен басқа да міндетті төлемдер түрлерінің, олардың құрылымы, нысандары мен әдістерінің, салық қатынастарын реттейтін салық қызметі органдарының жиынтығы.* **Салық заңнамасы.** экон. *Салық салу және жинауға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтық атауы.* **Салық кодексі.** экон. *Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының салық төлеушілермен салықтық қатынастарын реттейтін мемлекеттің жоғарғы билігі деңгейінде қабылдаған заңнамалық нормалардың негізгі жиынтығы.* **Салық көзі.** экон. *Салық төлеу үшін пайдаланылатын резерв.* **Салық қолшатыры [бүркеніші].** экон. *Ағымдағы және болашақтағы табыстарды салық салудан қорғау үшін осы табыстарды залалдың шамасына азайту арқылы өткендегі есепті кезеңнің залалына ілгері көшіру.* **Салық құқығы.** экон. *Мемлекет салықтарының түрлерін анықтайтын, салық құрылымын, оларды өндіріп алу тәртібін белгілейтін және салық міндеттемелерінің пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы; қаржы құқығының институты.* **Салық қызметі.** экон. *Уәкілетті мемлекеттік органдар мен салық органдарынан құралатын органдардың жиынтығы.* **Салық мағлұмдамасы [декларациясы].** экон. *Салық төлеушінің, салық агентінің Салық кодексінде белгіленген тәртіпке сәйкес салық органдарына берілген жазбаша мәлімдемесі немесе электрондық құжаты.* **Салық мөлшерлемесі.** экон. *Салық базасының өлшем бірлігіне шаққандағы салық есептеулерінің шамасы.* **Салық міндеттемесі.** экон. *Салық төлеушінің салық заңнамасына сәйкес мемлекет алдында туындаған міндеттемесі; оған сәйкес салық төлеуші салық органына тіркеу есебіне тұруға, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді анықтауға, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге, салық есептемесін жасауға, оны белгіленген мерзімде тапсыруға міндетті.* **Салық патенті.** экон. *Арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық сомасының бюджетке төленуі фактісін растайтын құжат.* **Салықпен реттеу.** экон. *Салық салудың жалпы деңгейін төмендету немесе көтеру есебінен бюджетке алу нормасын өзгерту арқылы өндірісті дамытуға мемлекеттің жанама ықпал жасау шараларының жиынтығы.* **Салық салды.** *Алым алатын болды.* **Салық салу қағидаттары.** экон. *Салық заңдары негізделетін қағидаттар.* **Салық салу объектісі.** экон. *Белгілі бір салық өндіріп алынатын мүлік, мәміле немесе мүліктік құқық.* **Салық салу өлшемі.** экон. *Салық базасын сандық тұрғыдан көрсетуге пайдаланылатын салық салу ауқымының өлшемі.* **Салық салынбайтын табыс.** экон. *Бюджеттің салықпен байланыспайтын санаты.* **Салық санкциялары.** экон. *Салық салу туралы қолданылып жүрген заңдарды сақтамайтын салық төлеушілер мен лауазымды адамдарға салық органдарының мемлекеттік экономикалық және әкімшілік жолмен ықпал ету құралы.* **Салық саясаты.** экон. *Мемлекеттің экономикалық саясатының бір бөлігі [Салық негізін, мөлшерлемесін, жеңілдіктерін және шегерімдерін өзгерту жолымен іске асырылады].* **Салық тетігі.** экон. *Мемлекет заң шығарушылық жолмен белгілейтін салық салу ережелерінің жиынтығы.* **Салық төлеуден жалтару.** заң. *Салық төлеушінің салық салу объектісін (пайданы, табысты, тауар айналымы мен мүлікті, т.б.) әдейі жасыруы және азайтуы.* **Салық төлеуші.** экон. *Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші тұлға.* **Салық төлеушінің тіркелу нөмірі.** экон. *Барлық жеке тұлғаға, заңды тұлғаға, белгілі бір жағдайда ел аумағында табыс алатын шетелдік өкілдіктер мен филиалдарға берілетін нөмір.*

**САЛЫҚ**[2] зат. көне. **1.** *Шаршау, зорығу, әбден титықтау.* **2.** *Талықсу.* **3.** *Ұйып қалу.*

**САЛЫҚСУ** *Салықсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫҚСЫ=** ет. жерг. *Шаршау, титықтау.*

**САЛЫҚСЫЗ** сын. *Салық салынбаған, салығы жоқ.*

**Салықсыз кірістер.** экон. *Бюджеттің салықтармен байланысы жоқ кірісінің санаты.* **Салықсыз төлемдер.** экон. *Заңнамаға сәйкес салық төлеушілерді толық немесе ішінара босату.*

*Өнімнің өзіндік құнында есептелетін төлемдер (жарналар, аударымдар т.б.).*

**САЛЫҚТЫҚ** сын. *Салық салуға қатысты.*

**Салықтық құқықбұзушылық.** салық. *Салықтық қатынасқа қатысушылардың салық заңдарының нормаларымен белгіленген міндеттерін орындамауларына байланысты, заңды жауапкершілік көзделген құқыққа қайшы әрекет.*

**САЛЫҚТЫР[1]=** ет. *Шартату, болдырту.*

**САЛЫҚТЫР[2]=** ет. жерг. *Кептіру, дегдіту, суын сорғыту.*

**САЛЫҚТЫРУ** *Салықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫҚШЫ[1]** зат. **1.** көне. *Сал жүргізуші, салшы.* **2.** жерг. ***Жатақ.***

**САЛЫҚШЫ[2]** зат. *Салық саласында қызмет істейтін адам.*

**САЛЫМ[1]** зат. этн. *Екі мәре аралығында тартылатын көкпар тарту ойынының құрамдас бөлігі.*

**Салым салды**. *Көкпар тартты, салымға қатысты.* **Салым туралы куәлік.** экон. *Клиенттің салым салғанын қуаттайтын және түсімдердің кейінгі түсуі, осы шоттан алу, сондай-ақ пайыздар төлеу шарттарын айқындайтын банк сертификаты.*

**САЛЫМ[2]** зат. *Бұйырған нәрсе, несібе.*

**Салымы түйенің құйрығынан жоғары.** *Салымды, бағы зор.*

**САЛЫМ[3]** шыл. *Қарай, таман, жуық.*

**САЛЫМ[4]** зат. экон. *Депозиттер; заңды және жеке тұлғалардың несие-қаржы мекемелерінде сақтаулы тұрған және олардың уақытша билігінде болатын, бірақ иесіне қайтарылуға тиіс немесе оның нұсқауы бойынша басқа бір тұлғаға берілуге тиіс ақшалай қаражаты.*

**САЛЫМ[5]** зат. жерг. тамақ. *Қамырды жұқалап, үстіне ет салған тағам.*

**САЛЫМ[6]** зат. көне. *Әдет, салт-дәстүр.*

**САЛЫМ[7]** зат. кен. *Шахталы пешке бір мезгілде тиісті мөлшерде салынатын кен материалының, қожамдамалар мен отындардың өлшемі.*

**САЛЫМДЫ** сын. *Жолы болғыш, несібелі, табысты.*

**САЛЫМСЫЗ** сын. *Жолы болмайтын, салымы жоқ.*

**САЛЫМШЫ** зат. экон. *Жинақ кассасына немесе банкке сақтау үшін ақша салған тұлға.*

**САЛЫН[1]=** ет. **1.** *Құрылыс тұрғызылу, қабырғасы қалану.* **2.** *Көпір, жол жасалу.* **3.** *Қашалу, түсірілу.* **4.** *Қойылу, орналастырылу.*

**САЛЫН[2]=** ет. *Бір нәрсенің соңына түсіп шұғылдану, соған берілу.*

**САЛЫНДЫ[1]** сын. **1.** *Су тасыған кезде өзен жағасына шығып қалатын ағаш, қоға, қамыс, шөп-шалам.* **2.** өс. *Су бетінде жүзіп жүретін өсімдіктер.* **3.** *Бөгет топырағын су шаймау үшін қамыс-қоғадан жасалған қалқыма қоршау.*

**САЛЫНДЫ[2]** зат. жерг. ***Сал.***

**САЛЫНДЫ[3]** зат. жерг. *Жаңа салынған үйлер.*

**САЛЫНДЫ[4]** зат. зоол. *Құс ұясындағы жұмыртқалар жиынтығы.*

**САЛЫНДЫР=** ет. *Бойын үйреттіру, әдеттендіру, құнықтыру.*

**САЛЫНДЫРУ** *Салындыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫНУ** *Салын етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫҢҚЫ** сын. **1.** *Түсіңкі, салбыраңқы.* **2.** ауыс. *Ренішті, пәс, кейісті, көңілсіз.*

**Салыңқы кеуде.** *Кеудесі төмен түскен, салбыраңқы арғымақ ат сипаты туралы.*

**САЛЫП-ҰРЫП** үст. *Алды-артына қарамай, асығып-үсігіп.*

**САЛЫС=** ет. **1.** *Соғысу, шабысу.* **2.** *Қол жұмсасу, ұрысу.* **3.** *Бәсеке таласу, айтысу, жарысу.*

**САЛЫСТЫР=** ет. **1.** *Екі не одан да көп нәрселер мен құбылыстардың бір-бірінен артық-кемдігін байқау, салғастыру.* **2.** *Балау, теңеу.*

**Салыстырып тексеру.** метрол. *Жарамдылық дәрежесін тексеру мақсатында метрологиялық мекеменің өлшеуіш құралдарының және аспаптардың қателігін анықтау үшін жүргізетін жұмысы.*

**САЛЫСТЫРҒЫШ** сын. *Зат, құбылыс сырын білуге құмар, салыстырып тексеруге бейім.*

**САЛЫСТЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Адам бойында болатын бір зат пен құбылысты екіншісімен салыстыруға бейімдік қасиет.*

**САЛЫСТЫРМА** сын. сөйл. ***Салыстырмалы.***

**САЛЫСТЫРМАЛЫ** сын. *Бірімен-бірін салыстыратын.*

**Салыстырмалы ақиқат.** физ. *Объективті дүниемен сәйкестігі жеткіліксіз, толық емес білім.* **Салыстырмалы атомдық масса.** физ. *Элементтің табиғатта кездесетін изотоптарының орташа массасының көміртектің $^{12}C$ изотопы массасының 1/12 бөлігіне қатынасы.* **Салыстырмалы баға.** физ. *Белгілі бір жыл-ғы немесе белгілі бір күнгі баға [Ол жекелеген кезеңдегі өндіріс, тауар айнылымы көлемін және басқа экономикалық көрсеткіштерді құн түрінде салыстыруда шартты түрде негіз ретінде қабылданады].* **Салыстырмалы биіктік.** геогр. *Тереңдік немесе биіктік бағытта қатар жатқан екі нүктенің арасындағы биіктік айырмашылығы.* **Салыстырмалы генетикалық әдіс.** пед. *Жазба жұмыстарын, эпистолярлық мемуарларды, адамның басынан өткізген оқиғаларын, естеліктерін зерттеп, оның әртүрлі психологиялық ерекшеліктерін (өзгешеліктерін) білу.* **Салыстырмалы геологиялық көнелік.** геол. *Жер тарихында болып өткен белгілі бір құбылыстың екінші құбылыспен салыстырыла отырып анықталатын көнелігі.* **Салыстырмалы грамматика.** лингв. *Туыстас тілдердің грамматикалық құрылысын зерттейтін тіл білімінің саласы.* **Салыстырмалы деформация.** физ. *Абсолют деформацияның дененің өлшемі мен қалпын сипаттайтын шаманың алғашқы мәніне қатынасы.* **Салыстырмалы жылдамдық.** физ. а) *Салыстырмалы сан жүйесіне қатысты нүктенің қозғалыс жылдамдығы.* ә) *Нүктенің салыстырмалы қозғалысымен шартталған абсолют жылдамдықтың құраушысы.* **Салыстырмалы координаттар.** физ. *Санаудың бастапқы нүктесі ретінде экранның бекітілген нүктесінен ерекшелігі, меңзердің ағымдағы жағдайы пайдаланатын координаттар жинағы (әдетте, бекітілген нүкте сол жақтағы төменгі бұрыш).* **Салыстырмалы көрсеткіштер.** экон. *Абсолютті көрсеткіштің базистік мәнге немесе екі әртүрлі көрсеткіштердің арақатынастары түріндегі экономикалық көрсеткіш.* **Салыстырмалы қате.** инф. *Есептеуіш техникада жадтағы сан мен экранға шығарылатын санның арасындағы айырмашылық.* **Салыстырмалы қателік.** *Пайызбен көрсетілген абсолюттік қателіктің өлшенетін шаманың нақты мәніне деген қатынасы.* **Салыстырмалы қозғалыс.** физ. а) *Қозғалмалы санақ жүйесіне қатысты дене жағдайының уақытпен өзгеруі.* ә) *Нүктенің (немесе дененің) шартты түрде жылжымайтын деп алынған Oxyz санақ жүйесіне қатысты орын ауыстыратын жылжымалы Ox y z  санақ жүйесімен салыстырғандағы қозғалысы.* **Салыстырмалы молекулалық масса.** хим. *Заттың бір молекуласының орташа массасының көміртекті $^{12}C$ изотопты массасының 1/12 бөлігіне қатынасы.* **Салыстырмалы мөлдірлік.** экол. *Су қойманың беткі қабаты суының мөлдірлігінің жанама сипаттамасы.* **Салыстырмалы психология.** психол. *Адам психикасының шығу тегі мен дамуының, адам санасының қалыптасуының биопсихологиялық алғышарттары мен заңдылықтарын, адам мен жануарлардың психологиялық қарекетіндегі жалпылық пен айырмашылықты (адамның мінез-құлқындағы әлеуметтік пен биологиялық проблемасы) зерттейтін психология саласы.* **Салыстырмалы пайда.** экон. *Сатушы сатылған бір бұйым үшін шығынды шегеріп тастағанда алатын табыс.* **Салыстырмалы санақ жүйесі.** физ. *Абсолют санақ жүйесіне қатысты қозғалатын санақ жүйесі.* **Салыстырмалы тіл білімі.** лингв. *Туыстас, тектес тілдерді зерттейтін тіл білімінің саласы.* **Салыстырмалы шама.** *Салыстырмалы екі статистикалық шамалардың өзара сандық қатынасын көрсететін жалпылама көрсеткіш.* **Салыстырмалы ылғалдылық.** физ. *Ылғал дене құрамындағы су массасының осы дененің сумен бірге қосылғандағы массасына процентпен берілген қатынасы.* **Салыстырмалы саясаттану.** ғыл. *Әртүрлі елдер мен халықтардың саяси дамуындағы ортақтық пен ерекшелікті зерттейтін саяси ғылымның бір бағыты.* **Салыстырмалы үнем.** экон. *Өндіріс көлемі бойынша жоспардың орындалуын ескере отырып, шығынның жоспарлы деңгейімен салыстырғанда ресурстардың нақты шығынының азаюын сипаттайтын үнем.* **Салыстырмалы шырай.** лингв. *Заттардың сындық сапаларын салыстырып, олардың бір-бірінен артық-кемдігін білдіретін шырай.* **Салыстырмалы электродтар.** физ. *Әлеуеттері тұрақты және қайталанбалы, ал оларда өтетін электрхимиялық реакциялар жоғары қайтымды болатын электродтар.*

**САЛЫСТЫРМАЛЫҚ** сын. *Салыстырмаға байланысты.* **Салыстырмалық принцип.** физ. *Оқшауланған тыныштық күйдегі материалдық жүйеде немесе бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс жағдайындағы жүйеде кез келген процестің бірдей өтетінін құптайтын физиканың іргелі заңы.* **Салыстырмалық теориясы.** физ. *Физикалық процестердің кеңістіктік-уақыттық қасиеттерін зерттейтін теория.*

**САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ**: **салыстырмалы-тарихи әдебиеттану.** әдеб. *Әдебиеттанудың сөз өнері тарихын, әдеби байланысты, әдеби процесс пен оның заңдылықтарын, көркем әдебиет мәселелерін зерттейтін саласы.* **Салыстырмалы-тарихи әдіс.** лингв. *Тіл дамуының тарихи заңдылықтарын анықтау үшін салыстырмалы тарихи тіл білімінде туыстас тілдерді зерттеудің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, тіл тарихын танудың маңызды құралы.* **Салыстырмалы ақиқат.** филос. *Ішкі қайшылықта үнемі дамып, толықтырылып, тереңдетіліп, түзетіліп отыратын шартты шындық.* **Салыстырмалы баға.** экон. *Жасалынған келісімшартқа сәйкес белгілі бір мерзім ішінде келісілген көлемде жеткізілетін тауарлар бағасы.* **Салыстырмалы-тарихи тіл білімі.** лингв. *Тіл білімінің шығу тегі бір тілдерді зерттейтін саласы.*

**САЛЫСТЫРУ 1.** *Салыстыр етістігінің қимыл атауы.* **2.** псих. *Ойлаудың логикалық амалдарының бірі.*

**Салыстыру әдісі.** экон. *Танымның әмбебап логикалық тәсілі [Салыстыру әдісі арқылы белгілі бір сипатты белгі бойынша зерттелетін объектілерді, құбылыстарды салғастыру жо-*

*лымен олардың теңдігі немесе айырмашылығы анықталады].*

**САЛЫСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Артық-кемі өлшену, тексерілу, анықталу.* **2.** *Теңестірілу.*

**САЛЫСТЫРЫЛУ** *Салыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫСТЫРЫС=** ет. *Сынасу, жарыстырысу.*

**САЛЫСТЫРЫСУ** *Салыстырыс етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЫСУ** *Салыс етістігінің қимыл атауы.*

**САЛЬДО** [итал. saldo] зат. экон. *Белгілі бір уақыт кезеңіндегі ақшалай қаражаттың немесе материалдық заттың түсімі мен шығысы арасындағы айырма.*

**Сальдо балансы.** экон. *Бухгалтерлік есеп шотының белгілі бір күнгі қалдықтары (сальдосы) көрсетілетін бухгалтерлік баланс.*

**САЛЬМОНЕЛЛЕЗ** зат. мед. *Сальмонелла тобына жататын бактериялар тудыратын мал мен адамға тән індет аурулар тобы.*

**САЛЬПАЛАР** [лат. salpae] зат. зоол. *Қабықтылар тип тармағының класы.*

**САЛЬПИНГИТ** [лат. salpinix] зат. *Ұрғашы малдың ұрық түтігінің қабынуы.*

**САЛЬТАЦИЯ** зат. сушар. *Ағын судың өзен арнасының топырағы мен лайын, тұнбасын таяу түсқа лықсыта-ырғыта айдап апару процесі.*

**САЛЬТО** зат. спорт. *Гимнастика мен акробатикада қолданылатын адамның ешбір тірексіз, ауада секіру арқылы алға немесе артқа (басынан асыра) айналуы.*

**САЛЮКИ** зат. кинол. *Тазы тәрізді ит түрі.*

**САЛЮТ** зат. *Белгілі бір мейрамның не мерекенің құрметіне арнап аспанға қарай атылатын оқ немесе жарылғыш ракеталар залпы; мерекелерде, салтанатты жиындарда құттықтау, құрмет көрсету, құрметпен қарсы алу кезінде жасалатын отшашу.*

**САЛЮТТІК** сын. *Салют беруге арналған, салютке қатысты.*

**САЛЯМИ** [итал. calame] зат. тамақ. *Біркелкі өте ұсақтап туралған (немесе тартылған) майлы еттен әзірленген шұжық.*

**САМ** [ар. شام] зат. *Кешкі шам жағылар кез; ымырт, алагеуім, бейуақ.*

**Сам жамырады**. *Ымырт түсіп, қараңғы қоюлана бастады, қара көлеңкеленді.*

**САМА**[1] зат. *Шығарған, демдеген шайдың қалдығы, шама.*

**САМА**[2] зат. көне. *Аспан, көк.*

**САМАЙ** зат. анат. *Бас сүйектің құлақ пен маңдай аралығындағы екі жақ бөлігі.*

**Самай сүйегі.** анат. <лат. os temporale> *Бас сүйектің ми сауыты бөлімінің екі жақ бүйір қабырғасын құрайтын сүйек.* **Самайына ақ кірді [түсті].** *Шашы ағара бастады, кәрілік белгі берді.* **Самайын [сақалын, шашын] ақ [боз] қырау шалды.** *Сақал-шашына ақ кіре бастады; қартайды.* **Самайына қырау кірді.** *Екі самайынан бастап шашы ағарды, қартайды, егде тартты.* **Самайынан бит аққан.** *Лас, салақ, әбден биттеген.*

**САМАЙЛЫ**: **ақ [күміс, қырау] самайлы.** *Самайына ақ түскен, самай шашы ағарған.*

**САМАЙЛЫҚ** зат. *Кимешектің самай тұсы.*

**САМАЙСАҚАЛ** зат. окказ. *Ер адамның жағы мен иегіне қойылған сақал.*

**САМАЛ**[1] [ар. شمال] зат. **1.** *Жанға жайлы қоңыр салқын жел.* **2.** ауыс. *Жылы леп, жақсы лебіз, оң шырай.* **3.** ауыс. *Белгі, нышан. // Жұмсақ, жағымды (дауыс).* **4.** ауыс. *Еркіндік, бостандық деген мағынада.* **5.** ауыс. *Жастық, албырттық.*

**Самал ауа, сал табиғат.** экспр. *Таза ауа, тамаша табиғат.* **Самал есті.** *Жел соқты.* **Самал жел.** *Жанға жайлы жел.* **Самалы оңынан тұрды**. *Ісі оңға басты, дегені болды.*

**САМАЛ**[2] зат. мед. *Мұрын сүйегін іріңтіп жеп қоятын жұқпалы ауру.*

**САМАЛ**[3] сын. жерг. *Жынды, делқұлы.*

**САМАЛ**[4] зат. жерг. *Мұз оятын құрал (сүймен).*

**САМАЛА**[1] зат. *Жан-жаққа түгел нұр шашқан сәуле, жайылған нұр.*

**САМАЛА**[2] зат. көне. *Полкке парапар жасақ.*

**САМАЛАДАЙ** сын. **1.** *Нұр шашқан сәуле сияқты, жап-жарық, жарқыраған.* **2.** ауыс. *Орасан көп, қаптап кеткен.* **3.** ауыс. *Биік, зәулім.*

**Самаладай болып көрінді [жарқырады].** *Анық көрінді (көбіне түнгі мезгілдегі жарыққа байланысты айтылады).* ***Самаладай жап-жарық.*** *Көңілді, өте жарық.* **Самаладай жарық.** *Сүттей жарық, жап-жарық.*

**САМАЛАЛЫ** сын. *Жарығы мол, нұр шашқан.*

**САМАЛДА=** ет. *Салқын самалды жерде дем алу, салқындау.*

**САМАЛДАЙ** сын. **1.** *Жеңіл соққан лептей, самал сияқты.* **2.** сөйл. *Самаладай жап-жарық, өте нұрлы.*

**САМАЛДАТ=** ет. *Желдету, салқындату, желге, самалға қарсы жүргізу.*

**САМАЛДАТУ** *Самалдат етістігінің қимыл атауы.*

**САМАЛДАУ** *Самалда етістігінің қимыл атауы.*

**САМАЛДЫ** сын. *Самал жел соққан, қоңырсалқын.*

**САМАЛДЫҚ**[1] зат. этн. *Ұзақ сапардан адам әкелген сәлемдеме, сый-сияпат.*

**САМАЛДЫҚ**[2] зат. өс. <лат. spinacia> *Алабұталар тұқымдасына жататын бір, екі жылдық шөптесін өсімдік; көкөніс дақылы.*

**Самалдық шөп.** өс. *Биіктігі 1 метрге жуық, біржылдық, шөптектес өсімдік.*

**САМАЛЫҚ** зат. көне. *Ұзақ та қиын сапардан оралған адам.*

**Самалық айтты.** этн. *Қиыншылықта, құрғақшылықта т.б. ауыртпалық кезеңдерде жаратушыдан жақсылық тіледі, өлең, сөз айтты.*

**САМАН** зат. көне. *Сабан араластыра балшық илеп, үлкен қалыппен құйған шикі кірпіш.*

**Саман керпіш.** сөйл. *Саман кірпіш.*

**САМАР**[1] зат. этн. *Қымыз құятын, ет жасайтын үлкен сопақ астау, тегене, тегеш.*

**САМАР**[2] зат. жерг. **1.** *Қолға су құйғанда астына қоятын, кір жуатын шылапшын.* **2.** *Мал су ішетін астау, науа.* **3.** жерг. кәс. *Қол шығырдың шелегі.* **4.** кәс. *Өзеннен мотордың күшімен шыққан суды бақшаға, егіндікке жеткізетін науа.*

**САМАР**[3] сын. *Тіл мен жағына сүйенген, шешен.*

**САМАРЖАҚ** сын. *Қақсап қалған, тілін безеген (адам).*

**САМАРИЙ** [лат. samarium] зат. хим. *Sm – элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы химиялық элемент.*

**САМАРҚАН: Самарқанның көк тасы жібіді.** *Күн жылып, ызғар кетті. [Әйгілі астроном Ұлықбек (1394 – 1449) растханасындағы көк тасқа күн мен түн теңелгенде (жыл басында) 22 наурызда күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібітеді-мыс].*

**САМАРҚАУ** үст. **1.** *Жай, баяу, жайбарақат, марғау.* **2.** *Көңілсіз, селқос, керенау, немқұрайды.* **3.** ауыс. *Мүлгіген тыныштық.* **Самарқау тартты.** *Көңілсіздік басты.*

**САМАРҚАУЛАН=** ет. *Босаңсу, селқос тарту, немқұрайдылыққа салыну.*

**САМАРҚАУЛАНДЫР=** ет. *Босаңсыту, керанауландыру, жайбарақтандыру.*

**САМАРҚАУЛАНДЫРУ** *Самарқауландыр етістігінің қимыл атауы.*

**САМАРҚАУЛАНУ** *Самарқаулан етістігінің қимыл атауы.*

**САМАРҚАУЛАУ** үст. **1.** *Жайлау, баяурақ, жайбарақаттау.* **2.** *Көңілсіздеу, селқостау, немқұрайдылау.*

**САМАРҚАУЛЫҚ** зат. **1.** *Баяулық, жайбарақаттық.* **2.** *Селқостық, немқұрайдылық, керенаулық.* **3.** псих. *Адамның бойындағы жігерсіздікті білдіретін ұғым.*

**САМАРҚАУСУ** *Самарқаусы етістігінің қимыл атауы.*

**САМАРҚАУСЫ=** ет. *Самарқау тарту, жайбарақаттану.*

**САМАСАУ** сын. жерг. *Айрықша, әдейі.*

**САМАУАТ** зат. көне. *Аспан, көк.*

**САМАУРЫН** [ор. самовар] зат. *Шай қайнатуға арналған, оттығы іш жағына орналасқан металл ыдыс.* **Самаурын қойды**. *Шай қайнату үшін самаурынға от салды, самаурынды от алдырды.* **Самаурын салды.** *Самаурын қайнатты.*

**САМАУЫР** [ор. самовар] зат. сөйл. ***Самаурын***.

**САМБО** зат. спорт. *Арнайы белдігі бар шапан киетін, күресте әртүрлі тәсілдер қолдануға болатын спорт түрі.*

**САМБОШЫ** зат. *Самбо күресімен шұғылданатын спортшы.*

**САМБУКУК** [лат. sambucus] зат. **1.** өс. ***Аюбадам***. **2.** тамақ. *Жұмыртқаның ақ уызы және қант қосып бұлғанған жидек езбесі.*

**САМБЫР** зат. *Сөйлегенде қатты шыққан дауыс.*

**САМБЫРЛА=** ет. *Қатты дауыстап сөйлеу.*

**САМБЫРЛАС=** ет. *Қатты дауыстап сөйлесу.*

**САМБЫРЛАСУ** *Самбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**САМБЫРЛАУ** *Самбырла етістігінің қимыл атауы.*

**САМБЫР-САМБЫР** зат. *Дабырлаған қатты дауыс.*

**САМБЫР-СҰМБЫР** зат. *Дабыр-дұбыр, у-шу еткен дыбыс.*

**САМҒА=** ет. **1.** *Құстың жоғары көтеріліп, шарықтап ұшуы.* **2.** *Ұшақтың көкке көтеріліп ұшуы.* **3.** ауыс. *Зымырау, жүйтку, зулау. // Шарқ ұру, қарқындау, қарыштау.* **4.** ауыс. *Өсу, өркендеу, даму.* **5.** *Әннің шарықтауы.* **6.** ауыс. *Биік мақсат қойып, сол жолда күресу.*

**САМҒАТ=** ет. *Қарыштату, шарықтату, қалықтату.*

**САМҒАТУ** *Самғат етістігінің қимыл атауы.*

**САМҒАУ** *Самға етістігінің қимыл атауы.*

**САМҒАУЫҚ** сын. *Самғай түсетін, ұшқыр, ұшқыш.*

**САМДАҒАЙ** сын. *Тез қимылдайтын, епті, жылдам.*

**САМДАҒАЙЛЫҚ** зат. *Жылдамдық, ептілік.*

**САМИЯН**[1] сын. *Жанға жайлы, салқын, қоңыржай (жел, самал).*

**САМИЯН**[2] зат. жерг. *Өгіз жеккенде мойынтұрықты бекітіп қоятын жұмыр темір.*

**САМИЯН**[3] сын. жерг. *Ұшы-қиыры жоқ, елсіз, сусыз, кең (дала).*

**САМИЯСЫ** зат. сөйл. ***Самиян***[3].

**САМҚАЛ** зат. көне. *Ұзын мылтық.*

**САММИТ** [ағыл. summit] зат. ресми. *Мемлекет, үкімет басшыларының жоғары деңгейдегі, мәжіліс түріндегі басқосуы.*

**САМОГОН** ор. зат. *Астық не жеміс-жидекті ашытып, қайнату арқылы жасаған орыстың спиртті ішімдігі.*

**САМОГОНШЫ** зат. *Самогон қайнатушы, дайындаушы.*

**САМОДЕРЖАВИЕ** зат. тар. *Патшалық Ресейдегі халықты құқықсыз ұстап, тежеусіз билейтін мемлекеттік жүйе; мемлекетті билеудің монархиялық формасы.*

**САМОДЕРЖАВИЕЛІК** сын. тар. *Самодержавиеге тән.*

**САМОЕД** ор. тар. зат. **1.** *Ресейдің Қиыр солтүстігі мен Сібірдің жергілікті тұрғындарының (саамдар, ненецтер, эвенкілер, т.б.) орыс жылнамаларында кездесетін жалпы атауы.* **2.** *Самодиилік халықтардың көнерген атауы.*

**САМОЛЕТ** ор. зат. ***Ұшақ** (әуе арқылы адам, жүк таситын көлік).*

**САМОЛЕТТЕЙ** сын. ***Ұшақтай***.

**САМОЛЕТТІ** сын. *Самолеті бар, самолеті көп.*

**САМОСВАЛ** ор. зат. *Қорабындағы жүкті өзі түсіретін мәшине.*

**САМОТЕРИЙ** [лат. samotherium] зат. зоол. *Қазбадан табылған керік тұқымдасына жататын сүтқоректі жануар.*

**САМП** елік. *Саңқ еткен дауысты бейнелейтін сөз.*

**Самп етті [ете қалды].** *Дауысы (үні) көтеріңкі шықты, ашық естілді.*

**САМПЫЛДА=** ет. *Дауысты көтеріңкі, қатты шығарып сөйлеу, самп-самп ету.*

**Сампылдап қоя берді.** *Дауыстап сөйлеп кеп кетті.*

**САМПЫЛДАС=** ет. *Дауыстарын қатты шығарып сөйлесу, самп-самп етісу.*

**САМПЫЛДАСУ** *Сампылдас етістігінің қимыл атауы.*

**САМПЫЛДАТ=** ет. *Дауысын қатты шығарту.*

**САМПЫЛДАТУ** *Сампылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САМПЫЛДАУ** *Сампылда етістігінің қимыл атауы.*

**САМПЫТ=** ет. жерг. *Сымпылдату.*

**САМСА=** ет. **1.** *Бірінен соң бірі тізіліп, қаз-қатар тұру.* **2.** *Қаптап кету, өте көп болу.* **3.** ауыс. *Тірелу, қаптау.*

**Самсаған сары қол.** *Иін тірескен топ, қалың әскер.*

**САМСА**[1] зат. тамақ. *Жұқалап жайған қамырдың ішіне пияз аралас тартылған ет салып, арнайы тандырпеште, электрпеште пісірген нан.*

**САМСА**[2] зат. *Сабан, шөптің қалдығы.*

**САМСАМ** зат. көне. діни. *Көктен түскен төрт қылыштың бірі.*

**САМСАР** зат. өс. *Асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық көкөніс.*

**САМСАТ=** ет. *Толтыру, ұю; жайнату.*

**САМСАТУ** *Самсат етістігінің қимыл атауы.*

**САМСАУ** *Самса етістігінің қимыл атауы.*

**САМСАШЫ** зат. *Самса пісіруші, сатушы.*

**САМСОЗ** үст. жерг. *Дел-сал, сүлесоқ.*

**САМСУ** *Самсы етістігінің қимыл атауы.*

**САМСЫ=** ет. сөйл. ***Самса***.

**САМСЫТ=** ет. *Самсатып тізілтіп молынан қою.*

**САМСЫТУ** *Самсыт етістігінің қимыл атауы.*

**САМТЫҚ** зат. жерг. *Мал жегеннен қалған тамтық шөп.*

**САМУМ** [ар. سموم] зат. геогр. *Солтүстік Африка мен Аравия түбегінің шөлдеріндегі құрғақ, ыстық желдің жергілікті атауы.*

**САМУРАЙ** зат. *Жапониядағы ірі байбатшалар мен ұсақ бектердің әскери-феодалдық тобы.*

**САМҰРЫҚ** [ар. سيمرغ] зат. **1.** миф. *Ертегі, аңыздарда кездесетін ғажайып алып құс.* **2.** ауыс. *Күшті, мықты адам.*

**САМҰРЫҚША** үст. *Самұрыққа ұқсап.*

**САМҮЙРЕК** зат. *Үйректің бір түрі.*

**САМЫР**[1] зат. зоол. <лат. bombycilla garrulus> *Торғайтәрізділер отрядына жататын құс.*

**САМЫР**[2]**: Самыр ат.** миф. *Жел жетпес жүйрік ат.*

**САМЫРЖАҚ** сын. *Көп сөйлейтін, заржақ.*

**САМЫРЖАҚТА=** ет. *Көп сөйлеу, мылжыңдау.*

**САМЫРЖАҚТАН=** ет. *Заржақтану.*

**САМЫРСЫН** зат. өс. <лат. abies> *Өте биік өсетін қылқанжапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі.*

**Самырсын жаңғағы.** бот. *Қылқанжапырақтылар тұқымдасына жататын самырсын ағашының жемісі.* **Самырсын күнжармасы.** тамақ. *Самырсыннан алынатын жарма.* **Самырсын қарағай.** өс. <лат. pinus sibirica> *Қарағай тұқымдасы қарағай туысына жататын аралас ормандарда басқа қылқан, жалпақ жапырақты ағаштар арасында өсетін мәңгі жасыл ағаш.* **Самырсын майы.** *Самырсынның жас бұтақтарынан және жас шыбықтарынан су буымен айдалып алынатын қылқанды эфир майы.* **Самырсын орманы.** *Негізінен самырсын ағашынан тұратын мәңгі жасыл қылқанды орман.*

**САМЫРСЫНҚҰС** зат. зоол. <лат. nucifraga caryocatactes> *Торғайтәрізділер отрядының қарға тұқымдасына жататын құс.*

**САН**[1] зат. анат. *Мал мен жабайы аңдардың артқы аяғының тірсегіне дейінгі, адам аяғының тізесіне дейінгі бөлігі.*

**Сан бұзу.** *Сан жіліктерін тиесілі етімен бірге бөлшектеу.* **Сан еті.** *Жан-жануар мен құс санының кесек еті.* **Сан жіліктері.** *Малдың бөксесі немесе артқы аяғын, санын құрайтын үш жіліктің – асық жілік, ортан жілік, жамбас жіліктің жалпылама атауы.* **Санын соқты [ұрды].** а) *Алданды, өкінішке қалды, опық жеді.* ә) паралингв. *Бір нәрседен кешігіп қалғанда, уақыты өтіп кеткенін білгенде санын бір соғып білдіретін қимыл-ишарат.* **Санын шапақтады [шапаттады].** а) паралингв. *Қатты қуанғанын екі санын шапақтап білдіретін қимыл-ишарат.* ә) ауыс. *Қатты күшейді, үдеді, құтырынды.*

**САН**[2] зат. **1.** *Белгілі бір заттың, құбылыстың есеп мөлшері.* **2.** мат. *Математиканың негізгі ұғымдарының бірі.* **3.** *Есеп мөлшерінің таңбалау, жазу белгісі.* **4.** көне. *Мың деген мағынада.* **5.** ауыс. *Газет-журналдың нөмірі. // Өте көп, қыруар.* **6.** ауыс. *Түгелін, бәрін деген мағынада жиынтық атау ретінде қолданылады.* **7.** ауыс. *Талай рет, бірнеше мәрте.* **8.** ауыс. *Қатары, санаты.* **9.** ауыс. *Неше түрлі, сан алуан.*

**Сан алуан [қилы, қырлы].** *Әртүрлі, толып жатқан.* **Санға алмады [қосылмады].** *Ескермеді, есепке кірмеді.* **Санға кірді [қосылды, ілікті].** *Дәрежесі теңеліп, қатарға жетті.* **Сан ғасыр.** *Талай уақыт, әлденеше жүз жыл.* **Санда бар, санатта жоқ.** *Есепте болғанымен, еске алынбайды деген мағынада.* **Сандар теориясы.** мат. *Математиканың бүтін, рационал және алгебралық сандардың қасиеттерін зерттейтін саласы.* **Сан жетпейді.** а) *Қымбат, өте құнды деген мағынада.* ә) *Есепсіз, көп.* **Сан жеткісіз.** а) *Есепсіз, қисапсыз көп.* ә) *Алуан түрлі.* **Сан есім.** лингв. *Заттың санын, ретін, есебін білдіретін сөз табы.* **Сан көбейтті.** *Адам санын арттырып, босқа жүрді.* **Сан қабат.** *Әлденеше рет, қайта-қайта.* **Сан қилы.** *Неше алуан, сан түрлі.* **Сан құбылды.** *Әлденеше рет өзгерді, түрленді.* **Сан мәрте.** *Талай рет.* **Сан миллион.** *Өте көп.* **Сан модулі.** инф. *Берілген санның абсолюттік мәні.* **Сан мөлшерінің өзгеруі.** экол. <грек. dynamikos> а) *Мекендеушілер түрінің тығыздығының (организмдердің санының) өзгеруі.* ә) *Жүйелік категория немесе аумақ ішіндегі организмдердің жалпы санының тұрақсыздануы.* **Сан рет [дүркін, мәрте].** *Талай, әлденеше.* **Сан саққа жүгіртті.** *Алуан түрлі айып тақты, кінәлады.* **Сан тиді.** *Теңдік алып, санатқа ілікті.* **Сан тимеске сан тиді.** *Атақ, дәреже, құрметке ие болу мағынасында.* **Сан түрлі.** *Алуан түрлі, әртарап.* **Сан ұрпақ.** *Бірнеше ұрпақ.* **Саны жоқ.** *Өте көп, есепсіз.* **Санын алды.** *Санап, есепке алды.*

**САН**[3] зат. *Шыттан қалыңдау ақ түсті мата.*

**Сан бояулы.** *Түрлі түсті, құлпырған.*

**САНА**[1] зат. **1.** *Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғары формасы.* **2.** ауыс. *Білім, парасат.* **3.** ауыс. *Ой-өріс, ақыл-ес.* **4.** психол. *Сезім мен ой бейнелерінің жиынтығы.* **5.** *Ғылым, білім, оқыған-тоқығаны.* **6.** *Ойлау, қызмет.* **7.** ауыс. *Ес, ой, қапер.*

**Санадан [санамен] сарғайды.** *Көп ойлады, қатты уайымдады, ой азабына түсті.* **Сана құрылымы.** пед. *Түйсік, қабылдау, зейін, елес, ес, қиял, ойлау мен сөйлеу; эмоциялық процестер; адамның көңіл күйлері, сезімі; ерік процестері; адамның алдына қойған мақсатына ұмтылуы, талаптануы және соған байланысты әрекет жасау.* **Сананың бүлінуі.** биол. *Орталық жүйке жүйесінің зақымдалуынан туындайтын психикалық ауру.* **Сананың көзі ашылды.** *Түсінік-пайымы кеңейді, ақыл-зердесі оянды.* **Санасы бұлыңғырланды.** *Ақылынан адасты, есінен танды, жаңылды.* **Санасы жоқ.** *Санасыз, ақыл-есі жоқ.* **Санасы оянды [санасын оятты].** *Ақыл-есі жетілді, ойы дамыды.* **Санасына салды.** *Ақыл таразысына салды, байыппен ойлады.* **Санасына енді.** *Аіылға іонды, миына кірді, ұіты.* **Санасына нұр құйылды.** *Көкірегі оянып, көзі ашылды, түйсінді.* **Санасын сілкіді.** *Өмірге басқаша қарады, оянды.* **Санасына сіңдіру.** *Әбден түсіндіру, ұқтыру.*

**САНА**[2] зат. жерг. *Дәрі жасалатын шөп түрі.*

**САНА**[3] зат. ескі кіт. *Жыл.*

**САНА=** ет. **1.** *Ақшаны т.б. заттарды есептеу, есебін шығару. // Сандық жүйені меңгеру. // Мән беру, қарау.* **2.** *Тізбектеп айту, тізіп шығу.* **3.** *Санын анықтау.* **4.** ауыс. *Белгілі бір пікірге келу, ұйғару, есептеу.* **5.** ауыс. *Есепке алу.*

**Санап алды.** *Есебін анықтап алды.* **Санап атты.** *Көздеп, дәл тигізді, бір-бірлеп атты.*

**САНАҒ** сын. ескі кіт. *Ісмер, шебер.*

**САНАҒАТ** зат. көне. *Сан алуан, сан түрлі.*

**САНАҒЫШ** сын. *Санап тұратын, есебін алатын.*

**Санағыш камера.** биол. *Көзбен көріп, санауға болмайтын кейбір объектілерді: қан түйіршіктері мен микроорганизмдердің белгілі бір көлемдегі санын анықтауға арналған құрал, аспап.*

**САНАҒЫШТА=** е т. *Қайта-қайта санай беру, тәптіштеу.*

**САНАҚ[1]** з а т. **1.** *Есеп, санау.* **2.** *Белгілі мерзімде жүргізілетін есеп; санын анықтау ісі.*

**Санақ жүйесі.** *Координата жүйесі және сағатпен қатаң байланысқан дене.* **Санаққа енді.** *Есепке кірді, қатарға қосылды.* **Санаққа өтті.** *Есепте жүрді, есепке қосылды.* **Санаққа салмады.** ж е р г. *Есепке алып, ескермеді.* **Санақта бар, санатта жоқ.** *Ешкім ескермейтін, бары да, жоғы да бір.*

**САНАҚ[2]** с ы н. ж е р г. *Санаулы, аз.*

**САНАҚТАМА** з а т. *Санақ есебі.*

**САНАҚШЫ** з а т. *Санақ жүргізуші, бір нәрсенің есебін алушы.*

**САНАЛ=** е т. **1.** *Нақты саны шығарылу.* **2.** *Есептелу, үйғарылу, бағалану.*

**САНАЛА=** е т. *Ой елегінен өткізу, ұғыну, сана арқылы түйсіну.*

**САНАЛАН=** е т. *Санасы өсіп, ақылы молаю.*

**САНАЛАНДЫР=** е т. *Санасын ояту, ой-өрісін дамыту.*

**САНАЛАНДЫРУ** *Саналандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САНАЛАНУ** *Саналан етістігінің қимыл атауы.*

**САНАЛУ** *Санал етістігінің қимыл атауы.*

**САНАЛУАНДЫҚ** з а т. *Әр алуандық, әртүрлі болушылық.*

**САНАЛУАНДЫЛЫҚ** з а т. *Сан түрлілік, алуан түрлілік.*

**САНАЛУШЫ** с ы н. *Саналатын, есептелетін.*

**САНАЛЫ** с ы н. **1.** *Парасатты, ақылды, ойлы, ой-сезімі күшті, әр нәрсені ақылмен ойлай білетін, толғамды, есті.* **2.** *Мәнді, мағыналы.*

**САНАЛЫЛЫҚ** з а т. *Ойлылық, естілік, парасаттылық, ақылдылық; өз мінез-құлқын өзі сын көзбен талдаған кезде болатын рухтың осындай күй-жайы.*

**Саналылықты қалыптастыру.** *Адамдардың өзіндік бағдарлау нәтижесінде.* ф и л о с. *Сонымен қоса түрлі идеологиялық институттар әрекеті әсерімен жүзеге асырылатын идеологиялық ұғым-түсініктердің жиынтығы.*

**САНАМ** з а т. к ө н е. д і н и. *Пұт, идол.*

**САНАМАҚ** з а т. э т н. о й ы н. *Қазақтың жас балаларға (4–7 жас) арналған, санауға үйрететін ұлттық ойыны.*

**САНАМАЛА=** е т. *Анықтап, тәптіштеп санау, есептеу.*

**САНАМАЛАУ** *Санамала етістігінің қимыл атауы.*

**САНАМАЛЫ** с ы н. *Санаулы ғана, аз.*

**САНАС=** е т. **1.** *Есептесу, есебін, санын шығарысу, бірге санау.* **2.** а у ы с. *Ескерісу, елесу, есептесу.* **3.** а у ы с. *Істеген ісін міндет қылу, есеппен жүру.*

**САНА-САҢЫЛАУ** з а т. *Адамның ой-өрісі, көкірек көзі, ақыл-парасаты.*

**Сана-саңылауы кем**. *Надан, білімсіз, парасатсыз, жақсы мен жаманды ажырата алмайтын (адам).*

**САНА-СЕЗІМ** з а т. *Ойлау қабілеті, сезімі, ақыл-ой, пікірі.* **Сана-сезімі оянды**. *Ой-түсінігі молайды.*

**САНАСУ** *Санас етістігінің қимыл атауы.*

**САНАСЫЗ** с ы н. **1.** *Санасы кем, ақылсыз, ойсыз; ақымақ.* **2.** *Мән-мағынасыз, мазмұнсыз. // Еш нәрсені ойға алмастан, беталды.* **3.** а у ы с. *Көзсіз жауыз.* **Санасыз әрекет.** п с и х о л. *Адамның жан дүниесінде санадан тыс атқарылатын әрекет.*

**САНАСЫЗДЫҚ** з а т. *Санасы кемдік, ақылсыздық, ақымақтық.*

**САНАТ[1]** з а т. **1.** *Бір нәрсенің қатары, есеп.* **2.** п е д. *Маманның кәсіби деңгейін көрсететін өлшем, дәреже, категория.* **3.** *Ес, жад.* **4.** *Саны, көлемі.*

**Санақта бар, санатта жоқ**. *Ешкім ескермейтін, елеусіз.* **Санатқа қосылды [ілікті].** *Теңдікке ие болды, теңелді, қатарға жетті.* **Санаттан шығарды.** *Адам қатарына қоспады, шеттетті, ығыстырды.* **Санат салды.** *Салық салды.*

**САНАТ[2]** с ы н. *Ерекше, саналы, салтанатты.*

**САНАТ[3]** з а т. *Мақұлық, Алланың жаратқаны.*

**САНАТ=** е т. *Есептету, есебін, санын шығарту.*

**САНАТКЕР** з а т. *Алдыңғы қатарлы, зиялы, таңдаулы адам деген мағынада.*

**САНАТКЕРЛІК: санаткерлік меншік.** құқық. *Өндіріс, ғылым, әдебиет, өнер, т.б. салалардағы шығармашылық қызметтен туындайтын әдеби, көркем, ғылыми шығармаларға, әртістердің орындаушылық қызметіне, дыбыс жазуға, радио, теледидар хабарларына, ғылыми ашылымға қатысты құқықтар.*

**САНАТНАМА** з а т. *Санақ, есеп.*

**САНАТОРИЙ** з а т. *Шипажай (демалып, денсаулық түзететін емдеу орны).*

**САНАТТА=** е т.*Санатқа, қатарға қосу.*

**САНАТТАЛ=** е т. *Санатқа ілігу, қатарға кіру.*

**САНАТТАЛУ** *Санаттал етістігінің қимыл атауы.*

**САНАТТАН=** е т. *Қатары көбею.*

**САНАТТЫ** с ы н. *Жұрт есептесетін, алдыңғы қатарлы.*

**САНАТТЫР=** е т. *Санын анықтату, есебін шығарту.*

**САНАТТЫРУ** *Санаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**САНАТУ** *Санат етістігінің қимыл атауы.*

**САНАУ** *Сана етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Есептеу, санын анықтау.* **2.** а у ы с. *Ойлау, есептеу, түсіну.* **3.** и н ф. <ағыл. notation> *Сандарды бейнелеу және өрнектеу тәсілі.*

**Санаудың екілік жүйесі.** и н ф. <ағыл. binary notation> *0 мен 1 цифрлары пайдаланылатын, белгіленген негізі бар позициялық жүйе.* **Санаудың ондық жүйесі.** и н ф. < ағыл. decimal notation> *Негізі 10-ға тең, ал ең кіші бүтін салмағы бірге тең, 0, 1, 2, ...9 цифрлары пайдаланылатын, белгіленген негізі бар позициялық жүйе.* **Санаудың позициялық жүйесі.** и н ф. <ағыл. positional (representation) system> *Саны цифрлардан тұратын бедербелгі тізбекшесімен ұсынылған бедербелгісі, сондай-ақ бөлшекті ажырату бедербелгісі санның алгебралық таңбасы болып саналатын санау жүйесі.* **Санаудың сегіздік жүйесі.** и н ф. < ағыл. octal natation> *Негізі 8 саны болатын санау жүйесі. Жүйенің алфавиті – 0-ден 7-ге дейінгі жинақ.* **Санау жүйесі.** *Натурал сандарды атау және цифрлық символдар арқылы белгілеу әдістерінің жиынтығы.*

**САНАУБАР** з а т. е с к і к і т. *Емен, шырша, қарағай.*

**САНАУЛЫ** с ы н. **1.** *Азғантай, көп емес.* **2.** *Бірлі-жарым, ілуде бір.* **3.** а у ы с. *Ерекше, артықша.* **4.** а у ы с. *Соңғы, ақырғы.* **Санаулы күн.** *Қысқа өмір, азғантай тіршілік.*

**САНАУСЫЗ** с ы н. *Саны белгіленбеген, есепсіз.*

**САНАУШЫ** з а т. *Санақ жүргізуші, санын анықтаушы, есептеуші.*

**САНАЦИЯ** [лат. sanatio] з а т. э к о л. **1.** *Ластанған аумақты тазартуға немесе технологияны өзгертуге арналған және қоршаған ортаға шекті рауалы шығарындыларды немесе зиянды заттектер концентрациясын артық шығаратын «былғаныш» кәсіпорындарда тазалау имараттарын құрудың шаралар кешені.* **2.** э к о н. *Фирманың (компанияның, банктің, кәсіпорынның) ықтимал банкроттығын болдырмау мақсатымен несиелендіру, қайта құру, әртараптандыру, т.б. шаралар арқылы жүзеге асырылатын қаржы-шаруашылық кешені.*

**САНАУЫШ** з а т. *Газды, электр энергиясын есептеуге арналған арнайы құрал.*

**САНБАТ** з а т. ә с к. *Санитарлық батальон.*

**САНГВИНИК** з а т. п с и х. *Сыртқы әсерді өте тез, жылдам қабылдайтын темпераментті мінез (адам).*

**САНҒ** з а т. е с к і к і т. *Іс, жұмыс.*

**САНДАҒАН** с ы н. *Өте көп, толып жатқан.*

**САНДАЙ**: **қолын қолдай, санын сандай**. *Түгел, сол күйінде, бәрін.*

**САНДАЛ[1]** з а т. *Жазда киетін жеңіл аяқкиім.*

**САНДАЛ[2]** з а т. ө с. *Оңтүстік елдерде жуан боп өсетін мәңгі жасыл хош иісті ағаш және одан алынатын бояу.*

**САНДАЛ[3]** з а т. *Сауырлы келген, ұзақ жолға төзімді қазақы қазанаттың түрі, сандалкөк.*

**САНДАЛ[4]** з а т. **1.** к ө н е. *Мәртебесі жоғары адамдар отыратын арқалығы, шынтақ тірейтін жақтауы бар, аса биік емес орынтақ.* **2.** к ө н е. *Ұста дүкеніндегі төс бекітілетін ағаш жаңғырық.* **3.** э т н. *Тақтайдан құрастырылып жасалған арнайы орынжай. // Үлкен, жалпақ.* **4.** ж е р г. *Қыстың күндері аяқ-қолды жылыту үшін шоқ салған жер ошақтың үстіне қойып, көрпемен жабылған пәстеу шаршы орындық, үйдің ортасын шұқырлау етіп төрт бұрыштап қазып, шоқтың күліне салып жылытатын орын.* **5.** ж е р г. *Ағаш жарғанда астына салатын томар.*

**Сандал бел.** *Жоғары жағы текшелі, етек жағы тегіс, жайпақ болып келетін қоныстануға ыңғайлы тау бедері.* **Сандал тау.** *Жоғары жағы жазық, төменгі жағы текшеленіп келген қырат, ұстірт.*

**САНДАЛ=** е т. **1.** *Бостан-босқа салпақтау, тентіреу, бекерге уақыт өткізіп жүру.* **2.** *Мәңгіру, әңкі-тәңкі болу.* **3.** а у ы с. *Жоқтан өзгені айту, аузына келгенін көку, танту.* **4.** а у ы с. *Дағдару, дал болу; абыржу.* **5.** а у ы с. *Қапы қалу, өкінішке қалу.* **6.** а у ы с. *Көңілі бір орында болмай, алаңдау, аласұру.*

**САНДАЛАҚТА=** е т. с ө й л. **1.** *Арлы-берлі шайқалу, теңселу.* **2.** а у ы с. *Далбасалау, дағдару.*

**САНДАЛБАЙ** с ы н. қ а р а п. *Мақсатсыз, мәнсіз бос сандалған, салпақтаған.*

**САНДАЛДАЙ** с ы н. *Сандал сияқты.*

**САНДАЛДЫР=** е т. *Тентірету, дағдарту, абыржыту, сенделту.*

**САНДАЛДЫРУ** *Сандалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САНДАЛКЕР** з а т. *Сауырлы келген, ұзақ жолға төзімді қазақы қазанаттың кері басымдау түрі.*

**САНДАЛКӨК** з а т. э т н. *Сауырлы келген, ұзақ жолға төзімді қазақы қазанаттың көкшілдеу түсті түрі.*

**САНДАЛМА** з а т. *Сенделіс, босқа салпақтап, тентіреген жүріс.*

**Сандалмамен күн кешті.** *Өмірі сергелдең, күйкі тіршілікпен өтті.*

**САНДАЛМАЛЫ** с ы н. *Сандалулы, салпақтаулы, тентіреулі.*

**САНДАЛТ=** е т. *Сенделту, тентірету, салпақтату.*

**САНДАЛТУ** *Сандалт етістігінің қимыл атауы.*

**САНДАЛУ** *Сандал етістігінің қимыл атауы; салпақтау, тентіреу.*

**САНДАЛЫС** з а т . *Сандалған жүріс, сенделіс.*

**САНДАН=** е т. *Саны жуандап, ет алу.*

**САНДАНУ** *Сандан етістігінің қимыл атауы.*

**САНДАРАК** [грек. sandarakē] з а т . ө с. *Өсімдік тектес, қатты табиғи шайыр.*

**САНДУҒАШ** з а т . з о о л . <лат. sylvidae> **1.** *Дауысын неше түрлі етіп құбылтатын сайрағыш құс, бұлбұл.* **2.** а у ы с . *Әнді жақсы салатын адам.*

**САНДУҒАШСЫЗ** с ы н . *Сандуғашы жоқ, сандуғаш мекендемейтін.*

**САНДУҒАШТАЙ** с ы н . **1.** *Сандуғаш сияқты, сандуғаш тәрізді.* **2.** *Даусы әсем, тамылжыған.*

**САНДУҒАШТЫ** с ы н . *Сандуғаш мекендейтін.*

**САНДЫ**[1] с ы н . *Саны жуан, қалың, етті.*

**САНДЫ**[2] с ы н . *Белгілі бір санды көрсететін.*

**САНДЫҚ**[1] з а т . э т н . **1.** *Киім-кешек, үй тұрмысына қажет заттар салуға арналған, сырты әртүрлі бояумен сырланып, айшықты қаңылтырмен өрнектеліп, өрнекті сүйекпен қапталған, ағаштан я темірден жасалған, екі бүйірінде тұтқасы, құлыпты қақпағы бар топсалы текше түріндегі үй жиһазы.* **2.** а у ы с . *Жыр қазынасы, өнер қазынасы.* **3.** *Дүние, мүлік, жиған-терген.* **4.** а у ы с . *Ақыл, ой қазынасы.*

**Сандық ашу**. э т н . *Жасы келген, үлкен адам қайтыс болғанда жетісіне дейін сандығына жиған-тергенін, киім-кешегін жақын туыстарына үлестіріп беретін ғұрып.* **Сандық шомбал шолпы**. э т н . з е р г . *Шолпының төрткіл, салмақты түрі.*

**САНДЫҚ**[2] с ы н . *Санға қатысты, санмен байланысты.*

**Сандық анализ**. х и м . *Сандық талдау, аналитикалық химияның зат құрамындағы жеке бөліктердің сандық қатынасын анықтайтын әдістер жөніндегі бір саласы.* **Сандық масштаб.** ә с к. *Алымы бірге тең, бөлімі картада жергілікті жер сызығының ұзындығы қанша ретке кішірейгенін көрсететін бөлшек түріндегі масштаб.* **Сандық бағдарламалық құрылғы.** и н ф . *Адамдар немесе есептегіш мәшинелер дайындап берген бағдарлама негізінде құрал-жабдықтарды (металл кесетін станоктарды, өңдеуші орталықтарды, роботтық манипуляторларды, икемді өндірістік модульдерді және т.б.) басқару сигналдарын өндіруге арналған құрылғы.* **Сандық тәсіл**. *Сандарға элементар операцияларды шекті рет қолдана отырып, математикалық есептері жуық түрде шығару тәсілі.* **Сандық фотосурет [фотография].** *Графикалық түрлендіру және шығару мақсатында бейнені (мыс., фотосуретті) сандық түрде сақтау әдісі.* **Сандық шектеулер.** ә с к . *Белгіленген категориядағы қару-жарақ жүйесінің санына қойылатын шектеулер.* **Сандық талдау.** х и м . *Үлгідегі химиялық элементтердің, атомдар топтамасының немесе құрылымдарының мөлшерін анықтайтын талдау әдісі.*

**САНДЫҚ-САНДЫҚ** с ы н . *Кесек-кесек, үлкен-үлкен.*

**САНДЫҚ-ЕСЕПТІК** с ы н . *Санға, есепке қатысты.*

**САНДЫҚҚАП** з а т . э т н . *Сандықты бүлінуден сақтау үшін кигізіп қоятын, өрнектеп кестеленген киіз қап.*

**САНДЫҚТАС** з а т . э т н . *Үсті тегіс, текшеленіп біткен тас.*

**САНДЫҚША** з а т . *Кішкене сандық; сандық тәрізді қорап.*

**САНДЫРА**: **бес сандыра**. ж е р г . *Сирек, әр жерде бірден.*

**САНДЫРАҚ** з а т . **1.** *Қатты ауырған адамның еті қызып, есі ауған кезде шатасып айтатын сөзі.* **2.** а у ы с . *Бос сөз; қалай болса, солай айта салған сөз.* **3.** п с и х о л . *Шындық болмысқа сәйкеспейтін түсініктер мен ой қорытындылары.*

**САНДЫРАҚТА=** е т. **1.** *Қатты ауырып, еті қызып, есі ауып жатқанда не туралы айтқанын білмей шатасып сөйлеу.* **2.** а у ы с . *Жоқтан өзгені айту, ешбір дәлелсіз сөйлеу, оттау.*

**САНДЫРАҚТАТ=** е т. *Жоқтан өзгені айтқызу, дәлелсіз сөйлету.*

**САНДЫРАҚТАТУ** *Сандырақтат етістігінің қимыл атауы.*

**САНДЫРАҚТАУ** *Сандырақта етістігінің қимыл атауы; ауырып, есі ауып не туралы айтқанын білмей шатасып сөйлеу.*

**САНДЫРАМА** с ы н . **1.** *Бөлшектелген, бөлінген.* **2.** *Ұсақталған, шашылған.*

**САНЖАБИ** с ы н . *Ақшыл; сұр түсті.*

**САНИДИН** з а т . к е н . *Жоғары температуралық калийлі дала шпаты, жанартаулық таужыныстарға тән минерал.*

**САНИТАР** [лат. sanitas] з а т . м е д . *Аурулар мен жаралыларға жедел медициналық жәрдем беретін медициналық кіші қызметкер.*

**САНИТАРИЯ** [лат. sanitas] з а т . м е д . *Гигиенаның ғылыми қорытындылары мен талаптарына сай халықтың күнделікті еңбек жағдайын, тұрмысын жақсартуға арналған практикалық шаралар жиынтығы.*

**САНИТАРИЯЛЫҚ** с ы н . м е д . *Санитариялық шаралар жүргізетін, санитария талаптарымен байланысты.*

**Санитариялық авиация.** *Жаралы жауынгерлерді тасымалдауға, дәрігерлік жәрдем беруге бөлінген ұшақтар тобы.* **Санитариялық инфрақұрылым.** э к о н . *Халықтың тазалық-індеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ғимараттар, кәсіпорындар, мекемелер, желілер мен технологиялық жүйелер.* **Санитариялық қорғау аймағы.** *Ауызсу үшін пайдаланылатын және негізгі су көздеріне ерекше санитариялық режимді тәртіп орнату арқылы су қоры мен су көздерін ластанудан, былғанудан қорғау шаралары жүргізілетін аймақ.* **Санитариялық мәдениет.** *Адам іс-әрекетінің денсаулықты сақтауға, аурулардың таралуының алдын алуға, популяцияның өмірге қабілеттілігін қолдауға бағытталған тән сипатты нысандарының жинағы, қоғамның санасезімі мен қоғамдық практикада орныққан мәдениет.* **Санитариялық пост.** *Халық шаруашылығы нысандарында санитариялық-профилактикалық жұмысты жүргізетін және зақымға ұшыраған адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық қызмет жасағы.* **Санитариялық тазарту.** *Адам бойынан радиоактивті және улағыш заттарды, сондай-ақ тері мен шырышты қабықтан бактериологиялық заттарды кетіру.* **Санитариялық шығындар.** ә с к . *Жеке құрама әскерлерінің қоныс аудару мен медициналық мекемелерге емделуге жіберетін жаралылар мен аурулар шығыны.*

**САНИТАРЛЫҚ** с ы н . м е д . *Жедел медициналық жәрдем көрсетуге арналған.*

**Санитарлық тәртіп.** с п о р т . *Дене тәрбиесі және спортпен айналысатын орындардың тазалығын қадағалау жөніндегі ресми түріндегі міндетті санитарлық-гигиеналық талап.*

**САНИТАРЛЫҚ-АҒАРТУ: санитарлық-ағарту қызметі.** *Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы дәрігер мен жаттықтырушының (оқытушының) қызметіндегі маңызды бөлім.*

**САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНА: санитарлық-гигиеналық бақылау.** *Спортпен айналысатын орын және жаттығу жағдайларына байланысты дене тәрбиесі мен спорттағы дәрігерлік бақылау қызметінің негізгі бөлімінің бірі.*

**САНКЦИЯ** [лат. sanctio] з а т . з а ң . **1.** *Жоғары заң орнының қайсыбір құбылыстың заңдылығын мойындауы, бір іске беретін рұқсаты.* **2.** *Құқық нормасы бекіткен тәртіпті бұзғаны үшін құқықбұзушыға қолданылатын шара.*

**САНҚЫРЛЫ** с ы н . *Жан-жақты, әр алуан.*

**САНҚЫРЛЫЛЫҚ** з а т . *Жан-жақтылық, әр алуандылық.*

**САН-САЛАЛЫ** с ы н . *Жан-жақты, әр алуан.*

**САН-САЛАЛЫҚ** з а т . с ө й л . ***Сан-салалы.***

**САН-САПАЛАҚ** с ы н . *Алуан түрлі, толып жатқан; шым-шытырық.*

**САНСАРА** [санскр. sansara] з а т . *Үнді философиясы мен дінінің (индуизм, буддизм, джайнизм) негізгі концепцияларының бірі.*

**САНСКРИТ** [санскр. samskrta] з а т . л и н г в . *Ежелгі және орта ғасырдағы үнділердің діни әдебиет пен философиялық, көркем әдебиет пен ғылыми әдебиетінің тілі.*

**Санскрит тілі.** л и н г в . *Ертедегі үнділердің әдеби тілі.*

**САНСОҚТЫ** с ы н . *Қатты өкінерлік, опық жейтіндей.*

**САНСЫЗ**[1] с ы н . *Есепсіз, есебі жоқ, өте көп.* // *Талай, әлденеше рет.* **2.** *Өте ұзақ, уақытқа, мезгіл-мерзімге қатысты.* **3.** а у ы с. *Шексіз, абстрактілі (дерексіз) ұғымдарға қатысты.* **4.** *Есепсіз көп, қыруар, есебіне жетуге болмайтын, шамадан тыс.* **5.** *Самсаған, жапырлаған; санауға келмейтін өте көп мөлшерге қатысты.*

**САНСЫЗДЫҚ** з а т . *Есебі жоқтық, көптік.*

**САНСЫРА=** е т . *Шаршап-шалдығу, болдыру; есінен тану.*

**САНСЫРАТ=** е т. *Шаршап-шалдықтыру; есінен таныту.*

**САНСЫРАТУ** *Сансырат етістігінің қимыл атауы.*

**САНСЫРАУ** *Сансыра етістігінің қимыл атауы.*

**САНТАЛДАР** [грек. santalon] з а т . ө с. *Көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**САНТГЕРТРУД** з а т . з о о л . *Сиырдың тұқымы.*

**САНТЕХНИК** з а т . *Тұрғын үйлер мен қоғамдық орындарда техникалық тәртіпті сақтау үшін қызмет ететін маман.*

**САНТИМЕТР** [франц. centimētre] з а т . *Метрді жүзге бөлгендегі бір бөлігі болып табылатын ұзындықтау өлшем бірлігі.*

**САНТИМЕТРДЕЙ** с ы н . *Сантиметрге жуық, шамалас.*

**САНТОН** з а т . *Матаның түрі.*

**САНТОНИН** [лат. santoninum] з а т . м е д . *Дермене жусанының гүлінен алынатын, суда ерімейтін, дәмі ащы, ақ ұнтақ дәрі.*

**САҢ**[1] з а т . *Шыттан қалыңдау ақ түсті мата.*

**САҢ**[2] з а т . ж е р г . *Күн сәулесі, жарық.*

**САҢЫ**[3] е с к і к і т . *Көңіл, ықылас.*

**Саңы ауу.** *Аңсары ауу.*

**САҢҒАҚ** з а т . ж е р г . *Балықтың желбезегі.*

**САҢҒАЛ** с ы н . *Үңірейген тесік.*

**САҢҒУ** *Саңғы етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҒУЫР** з а т . *Құстың саңғитын нәжіс шығаратын мүшесі.*

**САҢҒЫ=** е т. *Құстың нәжіс шығаруы; қи тастау.*

**САҢҒЫР** з а т . *Саңғыраған дыбыс.*

**Саңғыр етті.** *Саңғыраған дыбыс шығарды.*

**САҢҒЫР=** е т. с ө й л . ***Саңғы.***

**САҢҒЫРА=** е т. с ө й л . **1.** ***Саңғырла*** *(күңгірлеу, жаңғырығу).* **2.** *Дауыстап қатты сөйлеу, самбырлау.*

**САҢҒЫРАТ=** е т. *Саңғырлату, күңгірлету, тап-таза қылып қою.*

**САҢҒЫРАТУ** *Саңғырат етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҒЫРЛА=** е т. **1.** *Саңғыр-саңғыр ету, салдырлау.* **2.** *Үйдің, ғимараттың жаңа жасалған жөндеуден, жаңадан салудан күңгірлеуі, күмбірлеуі, жаңғырығуы.* **3.** *Дауыстап қатты сөйлеу, самбырлау.*

**САҢҒЫРЛАТ=** е т. *Саңғыр-саңғыр еткізу, салдырлату.*

**САҢҒЫРЛАТУ** *Саңғырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҒЫРЛАУ** *Саңғырла етістігінің қимыл атауы; саңғыр-саңғыр ету, салдырлау.*

**САҢҒЫРУ** *Саңғы етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҒЫРЫҚ** з а т . *Құстың қағы, нәжісі, қиы.*

**САҢҒЫРЫҚТА=** е т. *Саңғырық тастау, саңғыту.*

**САҢҒЫРЫҚТАУ** *Саңғырықта етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҒЫТ=** е т. *Аңдар мен құстардың нәжіс шығаруы, қи тастау.*

**САҢҒЫТУ** *Саңғыт етістігінің қимыл атауы.*

**САҢДАҚ** с ы н . с ө й л . ***Саңлақ.***

**САҢҚ** е л і к. *Құстың үні мен адам даусының айқын, қанық, жарқын шығуын не басқалай бір қатты шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**Саңқ етті.** а) *Саңқылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Даусы саңқылдап, жарқын естілді.*

**САҢҚИ=** е т. *Мұрынға самал тиіп, пұшиып қалу.*

**САҢҚИТ=** е т. *Пұшиту.*

**САҢҚИТУ** *Саңқит етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҚИЮ** *Саңқи етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҚ-САҢҚ: саңқ-саңқ етті.** а) *Қайта-қайта саңқылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Даусы саңқылдап, анық сөйледі.*

**САҢҚ-СҮҢҚ: саңқ-сүңқ етті**. *Саңқылдаған қатты дауыс, үн шығарды.*

**САҢҚЫ=** е т. к ө н е . **1.** *Аққудың саңқылдаған дыбыс шығаруы.* **2.** а у ы с . *Сыңғырлаған дыбыс шығару.*

**САҢҚЫЛ** з а т . *Саңқ-саңқ етіп шыққан қатты дауыс (үн).*

**Саңқыл қақты.** *Саңқ-саңқ етті, саңқылдады.*

**САҢҚЫЛДА=** е т. **1.** *Саңқ-саңқ етіп қатты үн шығару.* **2.** *Сампылдап қатты сөйлеу, дыбыстау.*

**САҢҚЫЛДАС=** е т. *Сампылдап қатты сөйлесу.*

**САҢҚЫЛДАСУ** *Саңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҚЫЛДАТ=** е т. *Саңқ-саңқ етіп қатты үн шығарту.*

**САҢҚЫЛДАТУ** *Саңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САҢҚЫЛДАУ** *Саңқылда етістігінің қимыл атауы; сампылдап қатты сөйлеу, дыбыстау.*

**САҢЛА =** е т. *Аңғару, байқау, білу, көру.*

**САҢЛАҚ** с ы н . **1.** *Ұшқыр, жүйрік.* **2.** а у ы с . *Елден ерен, озат. // Майталман, нарқасқа. біртуар адам, асқан өнер, талант иесі.* **3.** а у ы с . *Ерекше, асқан (әуен, күй).*

**САҢЛАҚТА=** е т. *Жүйрік болу, озат шығу.*

**САҢЛАҚТАН=** е т. *Елден ерек, жүйрік болып даралану, бөлектену.*

**САҢЛАҚТАНУ** *Саңлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САҢЛАҚТАУ** *Саңлақта етістігінің қимыл атауы.*

**САҢЛАҚТЫ** с ы н . *Озат шыққан, алдыңғы қатарлы, озық.*

**САҢЫЛАУ** з а т . **1.** *Бір-біріне қабыстырылған екі заттың қиыспай, сәл тимей қалған ашық жері.* **2.** а у ы с . *Ақыл, ой, сана, түйсік.* **3.** ә с к . *Жеке құрамды оқтан, снаряд жарықшақтарынан, мина мен авиабомбадан қорғау үшін қажетті ұзындығы 3-6 м, тереңдігі 1,5–1,8 м болатын жіңішке жыра, ор.* **4.** м е х. *Қалыпты түрде жұмыс істеп тұру үшін белгіленіп берілген немесе дұрыс жасамай, әйтпесе дұрыс құрастырылмай не пайдалану нәтижесінде пайда болатын, жанасып тұрған бөлшектердің арасындағы қашықтық.*

**Саңылау тапты**. *Ретін келтірді, амал жасады.* **Саңылауы болса**. *Сана-сезімі, түйсігі болса.* **Саңылауы жоқ.** *Түсінігі жоқ, түйсіксіз.*

**САҢЫЛАУЛА=** е т. **1.** *Саңылау жасау, қиюын сәл ашу.* **2.** е г і н ш а р . *Ылғал үшін аңыз топырағын аудармай жырту.* **3.** а у ы с . *Байқау, аңғару, ой түю.*

**САҢЫЛАУЛАҒЫШ: саңылаулағыш агрегат**. а у ы л ш а р . *Аңыз топырағын аудармай жыртатын агрегат.*

**САҢЫЛАУЛАН=** е т. **1.** *Саңылау пайда болу, қиюы сәл ашылу.* **2.** а у ы с . *Ақылсыздану, ой түйсігінің таяз екенін көрсету.*

**САҢЫЛАУЛАНУ** *Саңылаулан етістігінің қимыл атауы.*

**САҢЫЛАУЛАУ** *Саңылаула етістігінің қимыл атауы; саңылау жасау.*

**САҢЫЛАУЛЫ** с ы н . **1.** *Саңылауы бар, тесілген.* **2.** а у ы с . *Саналы, сезім-түйсігі бар, түсінігі терең.*

**САҢЫЛАУСЫЗ** с ы н . **1**. *Саңылауы жоқ, тесіксіз.* **2.** а у ы с . *Ақылсыз, ессіз, санасыз.*

**САҢЫЛАУСЫЗДАН=** е т. *Ақымақтану, ессіздену, санасыздану.*

**САҢЫЛАУСЫЗДАНУ** *Саңылаусыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САҢЫЛАУСЫЗДАУ** с ы н . *Ақымақтау, ессіздеу, санасыздау.*

**САҢЫЛАУСЫЗДЫҚ** з а т . *Ақымақтық, ессіздік, санасыздық.*

**САҢЫЛТЫР** з а т . ж е р г . *Малдың жегенінен қалған шөптің қалдығы, кәшек.*

**САҢЫРАЙ=** е т. *Танаудың жырылып не зақым келіп бүлінуден үңірейіп қалуы, таңқиып сиқы бұзылуы.*

**САҢЫРАУ** с ы н . **1.** *Құлағы естімейтін, керең.* **2.** а у ы с . *Еш нәрсенің парқына бармайтын, құлаққа ілмейтін, елемейтін; меңіреу.*

**Саңырау қайғы.** *Естен кетпес, емі жоқ уайым.*

**САҢЫРАУЛАН=** е т. *Кереңдену, естімей қалу.*

**САҢЫРАУЛАНУ** *Саңыраулан етістігінің қимыл атауы.*

**САҢЫРАУҚҰЛАҚ** з а т . ө с. <лат. fungi, mycophyta> **1.** *Ылғалды жерде өсетін, қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік.* **2.** *Споралар арқылы көбейетін, хлорофилсіз, дайын органикалық заттармен қоректенетін төменгі сатыдағы өсімдіктер тобы.*

**САҢЫРАУҚҰР** з а т . з о о л . *Құрлар тұқымдасына жататын ірі құс.*

**САҢЫРАУЛЫҚ** з а т . *Құлағы естімеушілік, кереңдік.*

**САҢЫРАЮ** *Саңырай етістігінің қимыл атауы.*

**САП**[1] з а т . *Пышақ, балта, қамшы, күрек т.б. сияқты құралдардың қолға ұстайтын жері, тұтқасы.*

**САП**[2] [ар. صف] з а т . **1.** *Бірінің жанына бірі тізбектеле тұратын қатар.* **2.** ә с к . *Әскери қызметшілердің, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу ретте және мәшинелерде бірлесіп қимылдау үшін жарғымен белгіленуіне сай орналасқан тәртібі.* **3.** а у ы с . *Белгілі бір нәрсенің құрамдық қатары, санаты.*

**Сап жаттығулары.** с п о р т . *Сапқа тұрған топтардың қалыптасу, ажырасу, басқа да бөліну, бірігу және қатармен қозғалу сияқты сапта жүру жаттығуларына байланысты әрекеттер.* **Сап қапталдары.** ә с к . *Саптың оң (сол) жақ шеті.* **Сапқа тұру.** с п о р т . *Шұғылданушылардың бірігіп әрекет жасауы үшін белгілі тәртіппен орналасуы.* **Сап [сапқа] түзеді [тұрды, тартты]**. *Қатарланып тізілді, шеп жасап, қатар құрды.* **Сап ұзындығы.** ә с к . *Бірінші қатардағы алдыңғы тұрған әскери қызметшіден соңғы қатардың соңында тұрған әскери қызметшіге дейінгі арақашықтық.*

**САП**[3] з а т . к ө н е . *«Айту» деген мағынада, «сөз саптау» деген тіркесте сақталған, «сөз» мағынасын білдіретін көне сөз.*

**САП**[4] з а т . в е т . *Аусылдың аяқтан болатын ауру түрі.*

**САП:**[5] **сабы бірге.** к ө н е . *Әкес¿ б¿р, анасы бөлек.*

**САП**[6] ар. с ы н . *Таза, ешбір қоспасыз; саф.*

**Сап алтын**. *Қоспасы жоқ, сапасы жоғары, түсі қанық және солғын сары, қызғылт болып келетін таза алтын.* **Сап күміс**. *Қоспасы жоқ, сапасы жоғары таза күміс, саф күміс.*

**САП**[7] е л і к . *Кенеттен, аяқастынан, күтпеген жерден лезде болған, бірден келе қалған, сау еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Сап ете қалды [түсті].** а) *Кенет, табан астында пайда болды, тап болды.* ә) *Ойға түсе кетті.*

**САП**[1]**=** е т. *«Тоқта», «сабыр ет», «тыйыл» деген мағынада.*

**Сап [сары] алтынға малдырды.** *Аптады, жарқыратып көрсетті.* **Сап басылды [тыйылды].** *Тез тыйылды, тоқтады, қоя қойды.* **Сап болды.** *Мүлде бітті, таусылды, жойылды.* **Сап [сарт] ете қалды.** *Кенет, тосыннан, күтпеген жерден келді.* **Сап қылды**. *Бітірді, түгесті, тауысты.* **Сап соққандай**. *Әбден жүдеді деген мағынада.*

**САП**[2]**=** е т. с ө й л . *Салып етістігінің ықшамдалған түрі.*

**САПА** з а т . **1.** *Белгілі бір заттың немесе құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан өзгеше қасиеті, ерекше айырмасы, белгісі.* **2.** ф и л о с . *Заттың ішкі елеулі байланыстары мен қасиеттерінің тұрақты жүйесі.*

**Сапа көрсеткіші.** и н ф . <ағыл. quality factor> *Бұйым сапасының сандық сипаттамасы*

*(бағдарламалар үшін – жадтың тұтыну көлемі, аудару уақыты, орындау уақыты, сенімділігі, аяқталғандығы, дәлдігі және т.б.).* **Сапа сертификаты**. *Тауардың сұрыпын, бағасын, сапасын және т.б. қасиеттерін көрсететін құжат.*

**САПАЛ** з а т . ж е р г . **1.** *Балшықтан жасалған ыдыстардың жалпы аты.* **2.** *Үлкен кесе.*

**САПАЛАҚ** з а т . ж е р г . *Қайысты өрмей, тек қабаттастырып тігу арқылы жасалған қамшы.*

**САПАЛАНДЫР**= е т. *Сапасын арттыру, жақсарту.*

**САПАЛАНДЫРУ** *Сапаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**САПАЛДЫРЫҚ** з а т . т ү й е ш а р . *Будандастырған түйеден тараған үшінші және одан кейінгі ұрпақтары.*

**САПАЛЫ** с ы н . *Сапасы артық, сапасы жоғары, ерекше қасиеті бар.*

**Сапалы болат.** м е т а л л . *Дайындалуына сапасы әдеттегі болатқа қарағанда негұрлым қатаң техникалық талаптар қойылатын болат түрі.* **Сапалы тазарту.** х и м . *Металдарды мұның алдындағы тазартуға қосылған қоспа реагенттерден тазалау.*

**САПАЛЫҚ** с ы н . *Сапаға қатысты, сапамен байланысты.*

**Сапалық анализ [талдау]**. х и м . *Сапалық талдау, заттың құрамы қандай элементтерден, радикалдардан, иондардан, қосылыстардан тұратынын анықтайтын химиялық, физикалық-химиялық және физикалық әдістердің жиынтығы.* **Сапалық тозу**. *Жабдықтың техникалық прогреске байланысты ескіріп құнсыздануы.* **Сапалық талдау.** х и м . *Үлгінің құрамында әртүрлі химиялық элементтердің не атомдар топтамасының бар екендігін анықтайтын талдау әдісі.*

**САПАЛЫЛЫҚ** з а т . *Талаптарға сай, сапасы жоғары болушылық, сапасы артықтық.*

**САПАН**: **басы бапан, аяғы сапан**. *Берекесі кеткен, әбігерлікке түскен жағдай.*

**САПАНДАН=** е т. *Сабалақтану, түйпалану.*

**САПАР** [ар. سفر] з а т . **1.** *Бет алып шыққан алыс жол; саяхат.* **2.** қ о ғ . -с а я с и. *Өзге елге ресми түрде арнайы шақырумен баратын іссапар.* **3.** *Жорық, жүріс.*

**Сапар айы**. д і н и . *Діни күнтізбе бойынша жыл басы – мухарран айынан кейінгі екінші ай.* **Сапарға шықты**. *Бір жаққа жол тартты, аттанды.* **Сапар картасы** с п о р т . *Көпкүндік автомобиль және мотоцикл жарыстарында жарыстың әр күнінде жүріп өтетін жолды белгілейтін құжат.* **Сапар кесе.** *Үлкен, шара кесе.* **Сапар күні жетті.** д і н и . *Фәниден бақиға аттанар шағы келді.* **Сапар қылды.** *Ұзақ жолға, саяхатқа шықты.* **Сапар шекті**. а) *Бір жаққа кетті, жол тартты.* ә) *Жолға шығып, ел аралады.* б) *Қайтыс болды, о дүниеге кетті.* **Сапарыңды басқа жаққа сал.** *Көңіл ауаныңды басқа жаққа бұр деген мағынада.* **Сапарын оңдады**. к ө н е . *Жолы болды, талабы оңғарылды.* **Сапарың оң [сәтті, қайырлы] болсын [болғай, сапарыңды оңдасын, оңғарылсын]**. *Тілек жолға шыққан адамға айтатын игі тілек, жақсы ниет.* **Сапары теріс айналды.** *Жолы болмады.* **Сапар [жол] шекті.** *Алыс жолға шықты, аттанды.*

**САПАРБАСЫ** з а т . *Сапарды дайындауға, тіркеуге және оның сәтті өтуіне жауап беретін туристік топты басқарушы адам.*

**САПАРКЕСЕ** з а т . *Кесенің ең үлкен түрі.*

**САПАРЖАЙ** з а т . о к к а з . *Автобекет.*

**САПАРЛА=** е т. *Сапарға шығу, жол жүру, саяхаттау.*

**САПАРЛАН**= е т. **1.** *Жолға аттану, сапарға шығу.* **2.** а у ы с . *Дүние салу.*

**САПАРЛАНУ** *Сапарлан етістігінің қимыл атауы.*

**САПАРЛАС** с ы н . *Сапары бір, серіктес баратын жолы бір.*

**САПАРЛАС**= е т. *Сапарға бірге шығып жолдас болу, серік болу.*

**САПАРЛАСУ** *Сапарлас етістігінің қимыл атауы.*

**САПАРЛАУ** *Сапарла етістігінің қимыл атауы.*

**САПАРЛЫ** с ы н . **1.** *Саяхаты мол.* **2.** *Сапары мол, ұзақ.*

**САПАРЛЫҚ** с ы н . *Сапарға жаралық, жолға арналған.*

**САПАРНАМА** з а т . *Жолаушының көрген-білгенін жазып отыратын жол жазбасы.*

**САПАРТОП** з а т . о к к а з . *Туристік топ, саяхатқа бірге шыққан топ.*

**САПАРШЫ** з а т . *Бір жаққа жолға шыққан, жол тартқан адам, жолаушы.*

**САПАРШЫЛ** с ы н . *Сапар құмар, бір жаққа барғысы келіп тұратын, саяхатшыл.*

**САПАСЫЗ** с ы н . *Сапасы нашар, өзіндік қасиеті төмен.*

**САПАСЫЗДАН**= е т. *Сапасы төмендеу, нашарлау.*

**САПАСЫЗДАНДЫР**= е т. *Сапасын төмендеттіру, нашарлаттыру.*

**САПАСЫЗДАНДЫРУ** *Сапасыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САПАСЫЗДАНУ** *Сапасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САПАСЫЗДЫҚ** з а т . *Сапасы төмендік, нашарлық.*

**САПАТ**: **сан сапат.** *Сан рет, көптеп.*

**САПАЯҚ** з а т . ж е р г . *Сандық, кебеже астына қойылатын жукаяқ.*

**САПЕР** [франц. sapeur] з а т . ә с к . *Инженерлік құрылыс жұмысымен айналысатын әскери қызметкер, маман.*

**САПЕРЛІК** с ы н . *Саперге тән, сапер жұмысымен айналысатын.*

**Саперлік бөлімшелер.** ә с к . *Ұрыс даласында мотоатқыштар, танк және артиллерия бөлімшелерінің ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге арналған инженерлік әскери бөлімшелер.*

**САПИ** з а т . д і н и . ***Сафи (****Адам ата).*

**САПИЕНТИЗАЦИЯ** з а т . ф и л о с . *Адамның, адамзат қоғамы санасының жетілуі негізіндегі прогрессивті өзгерістер үдерісі.*

**САПИРА** з а т . е с к і к і т . *Бос болушылық.*

**САПИЯН** з а т . *Былғарының ешкі терісінен жасалған ең жоғары сапалы түрі.*

**САПҚЫР**: **табаныңнан сапқыр**. ж е р г . қ а р ғ . *Табаныңнан таусылғыр, табаныңнан тозғыр, сап болғыр.*

**САПОНИНДЕР** [лат. saponis] з а т . б о т . *Өсімдік глюкозидтері тобына жататын азотсыз күрделі органикалық қосылыстар.*

**САППАС** с ы н . **1.** *Жалықпай, үнемі бірдемені діттеп жүретін.* **2.** *Әккі, айлакер.*

**САППАСТЫҚ** з а т . ж е р г . *Оңбағандық, нақұрыстық, есуастық.*

**САПРОПЕЛИТ** [грек. sapros – шіріген, pelos – балшық, тұнба] з а т . г е о л . *Қарапайым жәндіктер мен төменгі сатыдағы өсімдіктердің қалдықтарының өзгеруінен қалыптасқан қазба көмірлер тобы.*

**САПРОТРОФТАР** зат. *Сапротрофты организмдер; сапрофиттер мен сапрофагтар.*

**САПРОПЕЛЬ** [грек. sapros – шіріген, pelos – балшық, тұнба] з а т . г е о л . *Негізінен органикалық заттар мен су организмдерінің қалдықтарынан тұратын, тыңайтқыш ретінде пайдаланылатын су қоймаларының түбіндегі органикалық тұнба.*

**САПРОФАГ** [грек. sapros – шірік, phagos – обыр, жемір] з а т . з о о л . *Өзге жануарлардың шіріген қалдықтарымен қоректенетін жануарлар.*

**САПРОФИТТЕР** [грек. sapros – шіріген, phyton – өсімдік] з а т . з о о л . *Жануарлар өлекселері мен өсімдіктер қалдықтары, әртүрлі организмдердің алмасу өнімдері, яғни «өлі» органикалық субстраттармен қоректенетін гетеротрофты микроорганизмдер.*

**САП-САЙ** с ы н . *Дәп-дәл, лайықты, сәйкес.*

**САПСАЛҒЫ**[1] з а т . к ө н е . *Аузын ағашпен тиектеп қоятын көннен жасалған қалта, сайман салғыш дорба.*

**САПСАЛҒЫ**[2] з а т . ж е р г . **1.** *Ұсталардың темірді қысып тұратын құралы.* **2.** *Мал пішу кезінде жыныс бездерін қысып ұстап тұруға арналған ұзындығы бір қарыс, айыр ағаш құрал.*

**САП-САЛҚЫН** с ы н . *Сұп-суық, мұздай.*

**САП-САЛМАҚТЫ** с ы н . **1.** *Біраз салмағы бар.* **2.** а у ы с . *Байсалды, ұстамды.*

**САПСАҢ**: **сапсаң-сапсаң етті**. *Сапсаңдады, селтеңдеді.*

**САПСАҢДА=** е т. *Сапсаң-сапсаң ету, селтеңдеу.*

**САПСАҢДАТ**= е т. *Сапсаң-сапсаң еткізу, селтеңдету.*

**САПСАҢДАТУ** *Сапсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**САПСАҢДАУ** *Сапсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**САП-САП** ү с т . *Қатар-қатар, топ-топ.*

**САП-САРАЛА** с ы н . *Бірнеше түс аралас, ішінде сары түс басымдау келген.*

**САП-САРЫ** с ы н . *Қанық сары, нағыз сары.* **Сап-сары қымыз**. *Жақсы пісіліп, әбден бабына келген, дәмі үйірілген, құнарлы қымыз.*

**САПСАТА** з а т . д і н и . *Діни медреселерде оқытылған пәндер.*

**САП-САУ** с ы н . **1.** *Денсаулығы жақсы, ауруы жоқ, дін-аман.* **2.** *Сынбаған, бұзылмаған, бүп-бүтін.*

**САПСИ=** е т. **1.** *Сақалдың қаулап ұзаруы.* **2.** *Ағаш бұтақ, жапырақтарының салбырауы.*

**САПСИТ**= е т. *Сақалын жіберу, қаулатып өсірту.*

**САПСИЮ** *Сапси етістігінің қимыл атауы.*

**САПСУ** *Сапсы етістігінің қимыл атауы.*

**САПСЫ=** е т. *Иге салған теріні, жуған кірді ары-бері аударыстыру, қозғау.*

**САПСЫЛА=** е т. *Аударыстырып, қозғап жуу.*

**САПСЫЛАУ** *Сапсыла етістігінің қимыл атауы.*

**САПСЫЗ** с ы н . *Сабы жоқ.*

**САПСЫЗДЫҚ** з а т . *Сабы жоқтық, саптамағандық.*

**САПТА**[1]**=** е т. *Белгілі бір құрал-сайманға, пышақ, қанжар, қылыш сияқты суық қаруға сап орнату, сап жасау.*

**САПТА[2]=** е т. к ө н е. *Айту, бірдеңе деу.*

**САПТА[3]=** е т. *Іріктеу, таңдау, саралап алу.*

**САПТАЛ[1]=** е т. *Сап жасалыну*[1].

**САПТАЛ[2]=** е т. *Іріктелу, таңдалыну*[3].

**САПТАЛҒЫ** з а т. ж е р г. *Қайысты ысқылап тазарту үшін ағаштан жасалған құрал.*

**САПТАЛУ[1]** *Саптал етістігінің қимыл атауы; сап жасалыну.*

**САПТАЛУ[2]** *Саптал етістігінің қимыл атауы; іріктелу, таңдалыну.*

**САПТАМА** з а т. *Ішінен байпақ киетін, кең қонышы жуан қара санға жететін қазақы етік.*

**Саптама етік.** э т н. *Қазақтың ерлер киетін, кең қонышты, тізені жауып тұратын, ішіне қызыл астар салып, сапалы былғарыдан қос ұлтандап тігілетін қысқы аяқкиімдерінің бірі.*

**САПТАН=** е т. *Қатар түзеп, сапқа тұру.*

**САПТАНУ** *Саптан етістігінің қимыл атауы.*

**САПТАНЫС=** е т. *Қатар түзеп, сапқа тұрысу.*

**САПТАНЫСУ** *Саптанocc етістігінің қимыл атауы.*

**САПТАС** с ы н. *Бір саптағы, қатарлас; әскер қатарында бірге болушы.*

**САПТАС=** е т. *Сапқа тұрысу.*

**САПТАСУ** *Саптас етістігінің қимыл атауы.*

**САПТАТ=** е т. *Сап орнату, сап жасату.*

**САПТАТҚЫЗ=** е т. *Сапта орнатқызу, сап жасатқызу.*

**САПТАТҚЫЗУ** *Саптатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**САПТАТУ** *Саптат етістігінің қимыл атауы.*

**САПТАУ** *Сапта етістігінің қимыл атауы; сап жасау.*

**САПТАУ**: **сөз саптау**. *Сөз сөйлеу, айту; сөзінің ыңғайы, нобайы.*

**САПТАУЛЫ** с ы н. *Сап орнатылған, дайын тұрған.*

**САПТАЯҚ** з а т. э т н. **1.** *Қатты ағаштан шауып жасалған аяқ, ыдыс.* **2.** а у ы с. *Стақан, тостаған.*

**Саптаяқ желін**. *Саптыаяқ тәрізді қойдың желіні.* **Саптаяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қарады**. *Тым секемшіл, жоқ жерден жау іздеді (сұмдығы-қулығы бар іс-әрекет, мінез туралы да айтылады).*

**САПТАЯҚ-САПТАЯҚ** с ы н. *Бірнеше саптаяқ, өте көп, мол.*

**САПТИЯН** з а т. с ө й л. ***Сапиян.***

**САПТЫ** с ы н. *Сабы бар, сапталған.*

**САПТЫАЯҚТАЙ** с ы н. *Саптаяқ сияқты.*

**САПТЫҚ** с ы н. *Сапқа қатысты, саппен байланысты.*

**Саптық байқау.** ә с к. *Саптың жарғы талаптарына сәйкес жүргізілетін бөлімнің (кеменің, бөлімшенің) жеке құрамының байқауы.* **Саптық дайындық.** ә с к. *Әскери қызметшілерді тәртіпке үйрететін, оларда жоғары саптық бойы түзету, үлгілі әскери түр, саптық тәсілдерді жылдам және дәл орындай алуды қалыптастыратын, ширақтыққа, ептілікке және шыдамдылыққа дағдыландыратын басты әскери пәндердің бірі.* **Саптық мәшинелер.** ә с к. *Құрамына автомобильдер, шынжыр табанды және дөңгелекті тартқыштар, транспортерлер мен тракторлар, әскерлік автотрактор кіретін техникалық мәшинелерінің бір тобы.* **Саптық пәрмендер** с п о р т. *Спортпен шұғылдану, кезінде дауыстап, белгі беріп, жеке орындаумен, шартты қимылдармен берілетін бұйрық.*

**САПФИР** [грек. sapphieros] з а т. з е р г. *Мөлдір, түссіз немесе көк түсті болып келетін асыл тас.*

**САПЫ[1]** з а т. *Кішкене өткір қылыш, семсер.*

**САПЫ[2]** с ы н. с ө й л. ***Сап.***

**САПЫДАЙ** с ы н. *Сапы сияқты.*

**САПЫЛДА=** е т. *Сап-сап етіп қатты сөйлеу, сампылдау.*

**САПЫЛДАҚ** с ы н. *Сап-сап етіп қатты сөйлейтін.*

**САПЫЛДАС=** е т. *Қатты сөйлесу, сампылдасу.*

**САПЫЛДАСУ** *Сапылдас етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫЛДАТ=** е т. *Қатты сөйлету, сампылдату.*

**САПЫЛДАТУ** *Сапылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫР=** е т. **1.** *Қымызды бабына келтіру үшін, дәмін үйіру үшін ожаумен қайталап құю.* **2.** а у ы с. *Желге ұшыру, тазалау.* **3.** а у ы с. *Алай-түлей ету, астан-кестеңін шығару.* **4.** а у ы с. *Көпіртіп асыра сөйлеу, көйіту.* **5.** а у ы с. *Қаржыны оңды-солды, есепсіз еркін жұмсау.* **6.** а у ы с. *Шешен сөз айту, өлең шығару.*

**САПЫРҒЫШТА=** е т. *Қайта-қайта сапыру.*

**САПЫРҒЫШТАУ** *Сапырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРМАЙЫМ** с ы н. *Екіжүзді, парықсыз.*

**САПЫРТ=** е т. *Қымыз, шұбатты бабына келтіріп, дәмдендіру үшін қайталап өз-өзіне құйдыру.*

**САПЫРТУ** *Сапырт етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРУ** *Сапыр етістігінің қимыл атауы; бірнеше қайтар төгу, ағызу, құю.*

**САПЫРУЛЫ** с ы н. *Сапырып дайындап қойған.*

**САПЫРЫЛ=** е т. **1.** *Қымыздың, шұбаттың қайырмаланып өз-өзін құйдырылуы.* **2.** а у ы с. *Алай-түлей етілу, астан-кестеңі шығу.* **3.** а у ы с. *Аласапырандану, қым-қуыт болу, сапырылысу.*

**САПЫРЫЛУ** *Сапырыл етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРЫЛЫС=** е т. **1.** *Өзара былығып, араласып кету, бейберекет қозғалу.* **2.** а у ы с. *Астан-кестеңі шығып, шым-шытырық болу.*

**САПЫРЫЛЫСТЫР=** е т. *Өзара былықтырып, араластыру.*

**САПЫРЫЛЫСТЫРУ** *Сапырылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРЫЛЫСУ** *Сапырылыс етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРЫНДЫ** с ы н. *Аумалы-төкпелі, шым-шытырық.*

**САПЫРЫС=** е т. **1.** *Қымыз, шұбатты қайта-қайта құйысу.* **2.** а у ы с. *Көпіртіп асыра сөйлесу.*

**САПЫРЫСТЫР=** е т. *Араластыру, сапырылыстыру.*

**САПЫРЫСТЫРУ** *Сапырыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**САПЫРЫСУ** *Сапырыс етістігінің қимыл атауы.*

**САР[1]** е л і к. *Сұйық затты құйып кеп жібергенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Сар етті**. *Бірден құйылып не төгіліп кетті.*

**САР[2]** с ы н. с ө й л. ***Сары.***

**Сар бала, қара қазан қамы үшін.** *Отбасы, бала-шаға қамы үшін, амандығы үшін.* **Сар барқын дала.** б е й н. ***Сары барқын дала*** *(шөбі сарғайған, бірдей барқын тартқан далалық жер).* **Сар дала [жазық, жапан].** а) *Ұшы-қиырсыз, шексіз, ұзаққа созылған жазық жер.* ә) *Туған жер.* **Сар даланың боранындай ескектеді.** бейн. *Беталды, мазасыз, ретсіз қозғалды, жүйесіз әрекет жасады.* **Сар желді**. *Бірқалыппен ағындата, көсіле тартты.* **Сар желіс.** *Ағыны күшті қатты желіс.* **Сар [сары] жол.** *Қашық, ұзақ жол; таптаурын болған жоқ.*

**САРА** [ир. سره] с ы н. **1.** *Таза, араласпаған, сұрыптап алынған.* **2.** *Ашық, айқын, таза, анық.* **3.** *Асыл, жақсы; мәйек.* **4.** *Жеке-дара, ерекше, үздік. // Парық, парасат, ақыл.*

**Сара жол.** *Міндет-мақсаты айқын бағыт, бірден-бір дұрыс бет алыс.* **Сараға салды.** *Бір жүйеге, ретке келтірді.* **Сара тілді.** *Екі жара, тік кесіп түсті.* **Сара тілік**. *Уақ малдың құлағына салынатын айқын, түзу тілік ен.*

**САРА** е т. е с к і к і т. *Түнде жүру, қозғалу; ағу; өту; байлық, малшылық*

**САРАБДАЛ** с ы н. **1.** *Байсалды, жайбарақат, салмақты.* **2.** *Әбден ысылған, кәнігі, машықты.*

**САРАҒАШ** з а т. ө с. <лат. berberis> *Биіктігі 2–3 м-дей, басында қара қызыл түсті жидегі (қарақат) бар, әр жерге шоқ-шоқ болып өсетін тікенді бұта.*

**САРАҒЫТ** з а т. е с к і к і т. *Әділ, елден асып туған*

**САРАДЖА**: **сараджа қойы.** *Ұяң жүнді, құйрықты қойдың тұқымы.*

**САРАЗБАН** з а т. з о о л. ж е р г. *Бұйіге ұқсайтын қоңыздың бір түрі.*

**САРАЙ** [ир. سرای] з а т. **1.** *Хан, патша отыратын әсем де салтанатты ғимарат, зәулім үй.* **2.** *Көп бөлмелі етіп салынған үлкен үй.* **3.** *Жолаушылар тоқтайтын қонақжай.* **4.** *Мал және астық, шөп, құрал-сайман, әртүрлі заттарды қоятын жай, құрылыс.* **5.** *Төбесі жабық базар.*

**Сарайды ашты.** *Рақат күйге бөледі, таза ауамен дем алды.* **Сарайы [ішкі сарайы] сау**. *Асқазаны, ас ішуі жақсы.*

**САРАЙБАН** з а т. к ө н е. *Сарайшы, сарай күзетуші.*

**САРАЙДАЙ** с ы н. **1.** *Сарай сияқты кең, үлкен, зәулім.* **2.** а у ы с. *Жан дүниесі бай.*

**САРАЙЛАП** ү с т. *Сарай-сарай етіп, бірнеше сарайды толтырып.*

**САРАЙЛЫ** с ы н. *Сарайы бар.*

**САРАЙШЫ** з а т. к ө н е. *Сарай күзетуші.*

**САРАЙШЫҚ** з а т. **1.** *Кішкене сарай.* **2.** *Әртүрлі заттарды қоятын шағын жай, құрылыс.*

**САРАЛА** с ы н. с ө й л. ***Сары ала.***

**САРАЛА=** е т. **1.** *Жеке-даралап сұрыптау, таңдау, іріктеу.* **2.** а у ы с. *Елеп-екшеу, ой жүгірту, ақ-қарасын ажырату.*

**Саралап айтты**. *Жік-жіктеп, айқындап айтып берді.* **Саралап оқыту.** п е д. *Орта мектептерде пәндерді мазмұнына қарай таңдап, іріктеп оқыту тәсілі.*

**САРАЛАН=** е т. **1.** *Сұрыпталыну, таңдалыну, іріктеліну.* **2.** а у ы с. *Елеп-екшелу, талдану.*

**Сараланбаған конституция.** қ ұ қ ы қ. *Айқындауға тиіс мәселелері жекелеген бірнеше заңнамалық актілермен реттелетін конститу-*

*ция.* **Сараланған конституция.** құқық. *Конституциялық сипаттағы барлық негізгі мәселелерді реттейтін бірыңғай құқықтық акт.*

**САРАЛАНУ** *Саралан етістігінің қимыл атауы; елеп-екшелу.*

**САРАЛАУ[1]** зат. экон. *Нарықтық қатынастарда клирингілік мүшенің биржада мүше орындаған барлық өзара шарттар бойынша міндеттемелерге берген кепілдемелер.*

**САРАЛАУ[2]** *Сарала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұрыптау, таңдау, іріктеу.* **2.** *Елеп-екшеу, ақ-қарасын ажырату.*

**САРАЛАУШЫ** зат. *Талғап сұрыптаушы, іріктеуші.*

**САРАЛЖЫН** зат. өс. <лат. arte misia pontica> *Басы бұтақты, бүрлі болып өсетін сыпыртқылық құрай.*

**САРАЛЫ** сын. **1.** *Сұрыпталып реттелген, таңдаулы.* **2.** ауыс. *Сараланған, ой елегінен өткен.*

**САРАЛЫҚ** зат. *Анықтық, айқындық.*

**САРАЛЫП** зат. зоол. *Кәсіптік маңызы бар, тұқы тұқымдас кішілеу балық.*

**САРАМАН** сын. жерг. *Адырайып анық көрінетін; ерекше көзге түсетін.*

**Сараман дәуір.** *Қызықты, еркін өмір.* **Сараман жол.** *Анық, айқын сара жол.*

**САРАМАС** зат. жерг. *Мейлінше таңдану не қатты ренжу кезінде айтылатын қаратпа атауыш. // Ақылсыз, парықсыз.*

**САРАМАС** сын. ескі кіт. *Жасамыс, кәртең, көпті көрген, аялакер.*

**САРАМЖАЛ[1]** сын. *Бәрін орын-орнына келтіріп тұратын, ысылған, ұқыпты, бес аспап.*

**САРАМЖАЛ[2]** зат. көне. *Жау-жарақ, бес қару.*

**САРАМЖАЛ[3]** зат. *Жиһаздалған, жабдықталған отау.*

**САРАМЖАЛАП** үст. ескікіт. *Айырып, анализ жасап.*

**САРАНА** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік туысы.*

**САРАНАУ**: **саранау сиыр**. жерг. *Сүтті сиыр.*

**САРАНДЫЗ** зат. жерг. *Бойы ұзын болып өсетін, мал жемейтін шөп.*

**САРАНЖАМ** зат. көне. ***Сарамжал[2]*.**

**Саранжам қылды.** *Каруланды, жарақтанды.*

**САРАҢ** сын. **1.** *Біреуге бірдеңе бере қоймайтын, қолы тар, қытымыр (адам).* **2.** *Құнарсыз, қуаң, берекесіз.* **3.** ауыс. *Сирек, аз берілетін, көп кезіктірмейтін.*

**САРАҢДАН=** ет. *Сараң тарту, сараң болу.*

**САРАҢДАНУ** *Сараңдан етістігінің қимыл атауы.*

**САРАҢДАУ** сын. **1.** *Сараңдығы бар, қолы тарлау, қытымырлау.* **2.** ауыс. *Жиі емес, сиректеу.*

**САРАҢДЫҚ** зат. *Сараң болушылық, қолы тарлық.*

**Сараңдығы ұстады.** *Сараңдық істеді, қытымырлық көрсетті.*

**САРАҢСУ** *Сараңсы етістігінің қимыл атауы.*

**САРАҢСЫ=** ет. *Сараң болу, сараң тарту.*

**САРАҢСЫН=** ет. *Сараңдану, қытымырлану.*

**САРАҢСЫНУ** *Сараңсын етістігінің қимыл атауы.*

**САРАП[1]** [ар. صرف] зат. *Талқы, сын, талдау.*

**Сарапқа салды.** *Талқыға алды, таразыға тартылды.* **Сарапқа түсті**. *Талқыға түсті, сыналды.*

**САРАП[2]** [ар. صرف] зат. **1.** көне. *Асыл тастарды ажыратушы, қымбат тастарды айыра білетін және оларды бағалайтын маман, сұрыптаушы, жіктеуші, бағалаушы.* **2.** ауыс. *Дана, көреген, таңығыш кісі.*

**САРАПАЙ** [ир. سروپای] зат. *Адамның басынан аяғына дейін толық жауып тұратын көйлек.*

**САРАПТА=** ет. **1.** *Ажырасу, тану.* **2.** *Пысықтау, жүйелеу, түйіндеу.* **3.** *Сарапқа салу, болжау, қорыту.*

**САРАПТАЛ=** ет. *Сарапқа салыну, талқылану, айқындалу.*

**САРАПТАЛУ** *Сараптал етістігінің қимыл атауы.*

**САРАПТАМА** зат. жаңа. <лат. expertus> **1.** *Белгілі бір мәселені шешуде арнайы білім мен құрал-жабдықтар қолдануды қажет ететін зерттеу процесі.* **2.** *Ғылым, техника, өнер т.б. салаларда үйлесімді қорытынды даярлау үшін шешімі арнайы білім мен біліктілікті талап ететін, кейбір мәселелерге маман (сарапшы) тарапынан жүргізілетін зерттеу.*

**САРАПТАМАЛЫҚ** сын. *Сараптамаға қатысты, сараптамамен байланысты.*

**Сараптамалық жүйе.** инф. <ағыл. expert system> *Жасанды интеллект әдістері мен пайдаланушы ұсынатын деректер негізінде жағдайды ұқсастыруға, диагноз қоюға, болжам жасауға, шешімді өзгертуге, әрекетті таңдауға, ұсыныс беруге қабілетті білімдерді қамтитын программалық және аппараттық құралдардың жүйесі.* **Сараптамалық консалтинг.** экон. *Кеңесші диагностиканы, шешімдер талдамасын және оны енгізу жөніндегі ұсыныстарды дербес өзі жүзеге асыратын консалтинг.*

**САРАПТАС=** ет. *Сарапқа салысу.*

**САРАПТАСУ** *Сараптас етістігінің қимыл атауы.*

**САРАПТАУ** *Сарапта етістігінің қимыл атауы.*

**САРАПШАҢ** зат. жерг. *Бетті күннен, шаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін тор.*

**САРАПШЫ** зат. **1.** *Сарапқа салушы, бағалаушы, сыншы.* **2.** *Белгілі бір істің, мәселенің қаралуында дәл, соңғы тұжырым беріп, сараптама жасайтын білікті маман.*

**Сарапшылар кеңесі** спорт. *Олимпиялық ойындарда, әлем, Еуропа, Азия чемпионаттарында басқа да үлкен жарыстарда, кубоктар сарапқа салынғанда жастар мен жасөспірімдер біріншіліктердегі ұйымдастырушылар мен белгілі спорт мамандарының тобы.*

**САРАПШЫЛ** сын. *Жақсылап саралайтын, сыншыл.*

**САРАПШЫЛЫҚ** зат. *Сарапқа салушылық, жетік сыншылдық, әржақты талқылаушылық.*

**Сарапшылық баға.** *Тікелей өлшеуге келмейтін процестер мен құбылыстарды мамандар шешімі негізінде сандық немесе қатарлық бағалау.*

**САРАС** зат. ескі кіт. *Шамшырақ, шырағдан*

**САРАСАНА** зат. *Қоғамдағы, өмірдегі өзінің орны мен рөлін, атқаруға тиісті міндетін толық түсінушілік.*

**САРАСИМЕ** *Сасып қалу; қорқу; асығыстық*

**САРАТАН[1]** [ар. سرطان] зат. *Маусым айының арабша аты.*

**САРАТАН[2]** зат. зоол. *Ерекше дауыс шығаратын май айындағы қоңыз.*

**САРАТАН-ЗАУЗА** зат. зоол. <лат. amphi-mallon solstitialis> *Шілде қоңыз.*

**САРАУРУ** зат. мед. **1.** *Денені сарғайтып жіберетін бауыр және өт жолы ауруы.* **2.** <грек. hepar> *Бауыр ауруларының жалпы атауы, гепатит.* **3.** *Өт пигменті – билирубиннің қанға жинақталып, оның ағза тіндеріне шөгіп қалуынан болатын жұқпалы бауыр ауруы, боткин ауруы.*

**САРАФ** [ар. صرف و نحو] зат. ескі кіт. *Тілдің морфологиялық құрылымы, сарф.*

**САРАФАН** зат. *Әйелдер киетін жеңі жоқ көйлек; орыстың ұлттық киімі.*

**САРАФРАЗ** сын. ескі кіт. *Өркөкірек, менменшіл; бақытты.*

**САРАШӨК** зат. кәс. **1.** *Ау көңгелеуге пайдаланатын жуандығы 20-30 мм капрон жіп.* **2.** *Қанат арқанға жалғанатын 70-90 метрдей жіңішке жіп.*

**САРАШӨКСІЗ** сын. *Сарашөгі жоқ.*

**САРАШЫ** зат. окказ. *Редактор, сарапшы.*

**САРБАЗ** [ир. سرباز] зат. **1.** *Жасақты қол, жасақ.* **2.** *Қатардағы әскер, жауынгер.* **3.** *Орта Азия, Иран елдеріндегі тұрақты армияларындағы жауынгер.* **4.** ауыс. *Ержүрек, батыр.*

**Сарбаз жинады.** *Жауынгерлерді бір жерге шоғырландырды, жинақтады.*

**САРБАЗДЫҚ** зат. *Әскерлік, жауынгерлік.* **Сарбаздық әндер.** *Сарбаздық ортада пайда болған халық әндері.*

**САРБАЗХАНА** зат. тар. *Казарма, әскер тұратын үй, жай.*

**САРБАЛАҚ** зат. саят. ***Сарыбалақ*** *(балақ жүні сарғыш келетін, аңға көп түсіп машықталған алғыр қыран құс, бүркіт).*

**САРБАЛАҚТАН=** ет. ***Сарыбалақтан*.** **Сарбалақтанып пісті**. *Түп жақ жапырағы енді-енді сарғайып келе жатқан егін туралы айтылады.*

**САРБАС[1]** зат. сөйл. ***Ақсарбас*.**

**САРБАС[2]** сын. сөйл. *Басы сарғыш келген.*

**Сарбас жоңышқа.** өс. <лат. medicaqo falcata>.

**САРБАСҚҰРАЙ** зат. өс. <лат. sisimbrium officinale> *Арамшөпке жататын көпжылдық шөптесін өсімдік туысы.*

**САРБАУЫР[1]** зат. жерг. *Қой ішін сарысу қаптап кететін ауру түрі.*

**САРБАУЫР[2]** зат. жерг. ***Самаурын*.**

**САРБИ** сын. ескікіт. *Сүйкімді; жағымды, келісті, келбетті*

**САРБӨРТПЕ** зат. саят. ***Сарыбөртпе*** *(қыран құсты баптау кезінде берілетін, туралған соң бір-екі рет суға шайылған ет).*

**САРБУЫН** зат. сөйл. ***Сарыбуын*.** **1.** мед. *Буындары ісіп, сарсу жиналып қалатын ауру.* **2.** вет. *Қойда болатын ауру.*

**САРБҰҒА** зат. бот. *Дәрілік шөптің тамыры.*

**САРГАРДАРЫН** сын. ескікіт. *Бас айналдыратын, шыр айналдыру.*

**САРГЕРДЕЛЕР** зат. ескікіт. *Сардарлар, әскер басы.*

**САРГІДІР** сын. *Жасы келіп қалған, егде тартқан, жасамыс (әйел).*

**Саргідір тартты.** *Біраз жасқа келді, егде тартты.*

**САРҒАЙ=** ет. **1.** *Түрі өзгеріп, сары түске айналу.* **2.** ауыс. *Сарыла күту, зарығу; шаршау.*

**3.** ауыс. *Қатты сағыну, аңсау.* **4.** *Көнеру, көп ұстаудан ескіру.*

**САРҒАЙТ=** ет. **1.** *Сарғыш тартқызу.* **2.** ауыс. *Ұзақ күттіру, зарықтыру.* **3.** ауыс. *Сағынту, аңсату.* **4.** ауыс. *Сараурумен ауырған адамның тері түсінің сарғаюы.*

**САРҒАЙТУ** *Сарғайт етістігінің қимыл атауы.*

**САРҒАЙЫҢҚЫ** сын. *Сәл сарғайған, сары тартқан, сарғылтым.*

**САРҒАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Сарғая түсу, сарғыш тарту.*

**САРҒАЙЫҢҚЫРАУ** *Сарғайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**САРҒАҚ** зат. *Дәнді дақылдардың піскен кезі.*

**САРҒАЛДАҚ**[1] зат. өс. <лат. ranunculus> **1.** *Сәуір, мамыр айларында ашылатын сары түсті гүл.* **2.** өс. *Өзен, жылға жағалауларындағы ылғалды жерлерде, батпақты ағынсыз шалшық суда, құрғақ және батпақты шалғында өсетін бір және көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық, кейде ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**САРҒАЛДАҚ**[2] зат. зоол. <лат. ranunculaceae> *Торғай тектес сыңғырлы үнді, қаратorғайдан ірілеу, әнші, кішкене құс.*

**Сарғалдақ өңді.** *Сарғыш жүзді.*

**САРҒАЛДАҚТАЙ** сын. *Сарғалдақ (1) сияқты жайқалған, әсем.*

**САРҒАЛДАҚТЫ** сын. *Сарғалдақ (1) өскен.*

**САРҒАСКЕР** зат. ескікіт. *Әскер басы.*

**САРҒАСҚА: сарғасқа шай.** *Май қосқан қою сүтті шай.*

**САРҒАРДАН** сын. ескікіт. *Сергелдең.*

**САРҒАЮ** *Сарғай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сары түске ену.* **2.** ауыс. *Ұзақ күту, бір нәрсені уайымдау.*

**САРҒЫЛ** сын. сөйл. ***Сарғылт.***

**САРҒЫЛТ** сын. *Сарыға жақын солғын түс, сарғыш.*

**Сарғылт қызыл.** *Қызыл сары түстің солғындау түрі.* **Сарғылт сұр.** *Солғын сары араласқан сұр түс.*

**САРҒЫЛТТАН=** ет. *Сарғылт түске ену, сарғылт тарту.*

**САРҒЫЛТТАНУ** *Сарғылттан етістігінің қимыл атауы.*

**САРҒЫЛТТАУ** сын. *Сарғылт тартқан, сарғыштау.*

**САРҒЫЛТТЫҚ** зат. *Сарғылт түстілік, сарғыштық.*

**САРҒЫШ**[1] зат. зоол. ***Сарғыш күзен.***

**САРҒЫШ**[2] сын. *Жұқалтым сары, сарғылт.*

**Сарғыш күзен.** зоол. сөйл. ***Сарышұнақ*** *(даланы мекендейтін тышқанның түрі).* **Сарғыш күрең.** *Солғын сары рeңді күрең түс.* **Сарғыш қоңыр.** *Сарғылт қоңыр түс.* **Сарғыш қызыл [қызғылт].** *Сары реңді қызыл (қызғылт) түс.* **Сарғыш тартты.** а) *Ақшыл сары түске енді, сарғайды.* ә) *Түсі өңді, ескірді.*

**САРҒЫШТАН=** ет. *Сарғыш тарту, сарғаю.*

**САРҒЫШТАНУ** *Сарғыштан етістігінің қимыл атауы.*

**САРҒЫШТАУ** сын. *Аздап сары, сарғылт.*

**САРҒЫШТЫҚ** зат. *Түсі сарғыш болғандық.*

**САРДАЛ** сын. көне. *Көптен бөлек, елден ерекше озық, ерен.*

**САРДАР** [ир. سردار] зат. **1.** көне. *Сарбаздардың басшысы, жасақбасы, қолбасы.* **2.** ауыс. *Көшбасы, жетекші.* **3.** әск. <нем. Offizier> *Қарулы күштердің, сондай-ақ милиция мен полицияның басқарушы, жетекшілік құрамының тұлғасы.*

**Сардар қойды [сайлады].** *Сарбаздарға қолбасшы қылды, жасақ басқартты.* **Сардар шапан.** жерг. *Құрметті, беделді, ауқаттылар киетін сый шапан.*

**САРДАРБЕК** зат. **1.** поэт. ***Сардар.*** **2.** экспр. *Сыйлау, құрметтеу нышанындағы жасақбасы, қолбасшы деген мағынада.*

**САРДАРЛЫ** сын. жерг. **1.** *Байсалды, салмақты.* **2.** *Маңызды, мәнді.*

**САРДАРЛЫҚ** зат. **1.** көне. *Жасақбасы болушылық, қолбасшылық.* **2.** әск. *Қарулы күштердің, сондай-ақ милиция мен полицияның басқарушы, жетекшілік құрамына, осы құрам тұлғасына қатысты.*

**Сардарлық құрам.** әск. *Қарулы күштердің, сондай-ақ милиция мен полицияның сарбаздардан құралған әскери бөлімдерді басқарушы жетекші құрам.*

**САРДАРША** үст. *Сардар тәрізді, сардар секілді.*

**САРДЕР** зат. геол. *Халцедонның қоңыр түсті түрі.*

**САРДЕЛЬКА** [итал. sardello] зат. тамақ. *Қысқа шұжық.*

**САРДИТ=** ет. жерг. *Баттию, көзге ұрып тұру.*

**САРДИНА** [лат. sardnai] зат. зоол. *Майшабақтар тұқымдасына жататын теңіз балықтарының екі туысының жалпы атауы.*

**САРДИНДЕР** [итал. sordino] зат. зоол. ***Сардина.***

**САРДИЮ** жерг. *Сарди етістігінің қимыл атауы.*

**САРДОБА** ир. зат. көне. *Жаз аптабы кезінде салқын су сақтау үшін жер астынан жасалған құрылыс; қар сақтайтын қойма.*

**САРДОБАЛЫ** сын. *Сардобасы бар (су сақтайтын үлкен ыдысы бар).*

**САРДОНИКС** зат. геол. *Минерал, ақықтың ақ және қоңыр жолақтар алмасып келетін бір түрі.*

**САРДОП** зат. ***Сардоба*** *(су сақтау үшін жер астынан жасаған құрылыс).*

**САРЖА**[1] зат. **1.** көне. *Сүйекпен әшекейленген әдемі, үлкен садақ; жақтың үлкені.* **2.** ауыс. *Осы садақтың оғы.*

**Саржаның жебесіндей.** бейн. *Өткір мінезді, шыншыл, кесіп айтқыш.*

**САРЖА**[2] зат. *Астарлық матаның сусылдақ, жылтыр, мықты түрі.*

**САРЖАҒАЛ: саржағал газет.** *Беделі төмен, сапасы күмәнді, нақты ұстанымдары жоқ, тұрақсыз мерізімді басылым.*

**САРЖАДАЙ** сын. фольк. *Саржаның оғындай түзу.*

**САРЖАЙЛАУ** зат. этн. ***Сарыжайлау*** *(жеміс-жидек піскен кездегі қызығы мол жайлаудың соңғы шағы).*

**САРЖАҚ**[1] зат. вет. *Мал төлінің тамағы ісіп кететін ауруы.*

**САРЖАҚ**[2] зат. саят. *Бүркітке ұқсас қыран құс, субүркіт.*

**САРЖАЛҚЫН** сын. *Алау түстес қызғылт реңді сары түс.*

**САРЖАН**[1] зат. көне. ***Саржа.***

**САРЖАН**[2] зат. **1.** *Түрі циркуль тәрізді жер өлшеу құралы.* **2.** *Осы құралмен өлшенетін, арасы үш кезге (2 м 13-см-ге) тең ұзындық өлшемі.*

**САРЖАНДА=** ет. *Жерді саржанмен өлшеу.*

**САРЖАНДАЙ** сын. *Саржан шамалы.*

**САРЖАНДАУ** *Саржанда етістігінің қимыл атауы.*

**САРЖАУ** зат. өс. <лат. trichanthemis> *Сабағы тік, сыртын түк басқан, қанат тәрізді тілімденген жапырақтары кезектесе орналасқан күрделі гүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЖҰЛДЫЗ** зат. астр. ***Сарыжұлдыз*** *(аспан әлемінің солтүстігінен қыс айларында анық көрінетін сары түсті жұлдыз; капелл).*

**САРЖҰЛДЫЗДАЙ** сын. бейн. *Сарыжұлдыз сияқты (биік, жарық).*

**САРЖЫН** зат. сөйл. ***Саржан.***

**САРКАЗМ** [грек. sarkasmos] зат. әдеб. *Ащы мысқыл, жанға батырып күлкі етудің бір түрі, зілді кекесінмен әжуалау, өткір күлкі тудырудың тәсілі.*

**САРКАРДА** зат. ескікіт. *Көсем, қолбасшы*

**САРКЕЗДІК** зат. *Ауру.*

**САРКОДИНА** [грек. sarcodina] зат. зоол. *Қарапайымдардың саркомастигофоралар типіне жататын бір тобы.*

**САРКОЛЕММА** [лат. sarcolemma] зат. анат. *Көлденең жолақты ет талшықтарының сыртқы қабықшасы.*

**САРКОМА** зат. мед. *Қатерлі ісік.*

**САРКОМАСТИГОФОРАЛАР** [грек. sarcomastigophora] зат. зоол. *Жер шарында кең тараған қарапайымдардың бір типі.*

**САРКОПЛАЗМА** [лат. sarcoplasma]. зат. анат. *Көлденең жолақты ет талшықтарының цитоплазмасы.*

**САРКОФАГ** [грек. sarkophagus] зат. *Құнды материалдардан жасалып, әртүрлі мүсіндермен, әсем жазбалармен безендірілген, мәйітханалар мен ғибадатханаларда сақталатын табыт; осындай тектес ескерткіш.*

**САРКҮЙІК** зат. бот. *Тау беткейлерінде өсетін аласа жұмыр шөп.*

**САРКОЦИСТОЗ** зат. *Жануарлардың созылмалы инвазиялық кеселі.*

**САРҚ**[1] елік. *Судың немесе сол сияқты сұйық заттың қатты қозғалысында, қатты затқа соғылғанында, қайнағанда немесе сарқылғанында, таусылғанында шығаратын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Сарқ етті.** *Су немесе сұйық зат қайнап, басқа затқа соғылып немесе құйылғанда таусылғанда, сарқылғанда қысқа дыбыс шығарды.*

**САРҚ**[2]**: қағанағы қарқ, сағанағы сарқ.** *Төрт құбыласы түгел, бәрі де жеткілікті; уайымсыз, қайғысыз.*

**САРҚА** үст. *Түбіне дейін, түк қалдырмай.*

**Сарқа жұмсады [пайдалануы].** газеті. *Бар күшін жұмсады, барын салды, мүмкіндіктің бәрін қолданды.*

**САРҚАНА** сын. ескікіт. *Шақпақ.*

**САРҚ-САРҚ** елік. сөйл. *Су немесе сұйық зат қайнап, басқа затқа соғылып немесе құйылып таусылғанда, сарқылғанда шығатын қайталанба бірсарынды дыбыс.*

**САРҚ-СҮРҚ** елік. *Су немесе сұйық зат қайнап, басқа затқа соғылып немесе құйылып таусылғанда, сарқылғанда шығатын қайталанба әр сарынды дыбыс.*

**Сарқ-сүрқ етті.** *Сарқылдап қайнады, бұрқсарқ етті.*

**САРҚУ** *Сарқы етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚҰЛАҚ** зат. сөйл. ***Сарықұлақ*** *(бұрынырақтағы бір сомдық қағаз ақша).*

**САРҚЫ=** ет. **1.** *Сұйық затты түгел құю.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені бітіру, түгесу, тауысу.* **3.** ауыс. *Түгін қалдырмау, бәрін қамту.* **4.** ауыс. *Түгін қалдырмай, іштегісін ақтарып айту.*

**САРҚЫЛ**= ет. **1.** *Судың, сұйық заттың түгел құйылуы.* **2.** *Өзен, көл, су қоймасының суының тартылуы.* **2.** ауыс. *Түгесілу, біту, таусылу; солғындау, әлсіреу, шегіне жету.* **4.** ауыс. *Ақтарылу, барын салу.*

**Сарқылатын ресурстар.** экол. *Табиғи ортадан алынған сайын азаятын, түгесілетін ресурстар.* **Сарқылған өзен.** сушар. *Қарқынды буланудың немесе борпылдақ топыраққа сіңіп кетудің салдарынан теңізге, көлге немесе өзге өзенге жетпей суалған өзен.* **Сарқылмайтын ресурстар.** экол. *Күн энергиясы, жел, ағын су, теңіз толысуы сияқты табиғи ресурстардың таусылмайтын бөлігі.*

**САРҚЫЛДА** =ет. *Бұрқ-сарқ етіп қайнау, сақырлау.*

**САРҚЫЛДАТ** =ет. *Бұрқ-сарқ еткізіп қайнату, бұрқылдату.*

**САРҚЫЛДАТУ** *Сарқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚЫЛДАУ** *Сарқылда етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚЫЛДЫР=** ет. *Таусылдыру, түгестіру.*

**САРҚЫЛДЫРУ** *Сарқылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚЫЛМАЛЫ** сын. *Түгесілетін, таусылатын, түгел бітетін.*

**САРҚЫЛМАС** сын. **1.** *Түгесілмейтін, таусылмайтын, бітпейтін.* **2.** ауыс. *Мәңгі жасайтын, солмайтын, әлді, күшті.*

**САРҚЫЛТ** =ет. *Түгестіру, таусылту.*

**САРҚЫЛТУ** *Сарқылт етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚЫЛУ** *Сарқыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Судың, сұйықтың түгел құйылуы, құйылып бітуі.* **2.** *Түгесілу, таусылу, түк қалмау.* **3.** ауыс. *Әбден титықтау, шаршау.*

**САРҚЫН** зат. **1.** *Ыдыстың түбінде қалған сұйық зат; сарқынды.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің қалдығы, соңы; сарқыншақ.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Ескіліктің сарқыны.*

**Сарқын шөл**. *Суы тартылып қалған шөлдердің орнында пайда болған құмды жер, шөл.*

**САРҚЫНДАП** үст. жерг. *Аз-аздан, там-тұмдап.*

**САРҚЫНДЫ** зат. **1.** *Сарқылған сұйық зат; сарқын.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің ақырғы қалдығы, аяққы көрінісі, соңғы тамтығы.* **3.** ауыс. *Топтың соңғы бөлігі.*

**Сарқынды сулар.** сушар. ***Ақаба сулар*** *(қоқыс-қалдықтармен ластанған, елді мекендер мен өндіріс орындарының аумағынан суасты құбырлары арқылы сыртқа ағызып жіберілетін сулар).*

**САРҚЫНШАҚ** зат. **1.** *Сұйық заттың ыдыс түбінде қалған азғана қалдығы; сарқынды.* **2.** ауыс. *Ескіліктен қалған, күні өткен әдет-ғұрып, кертартпа қылық.* **3.** ауыс. *Бір нәрсеніц соңы, ақыры, аяғы, арты.* **4.** *Топтың соңғы, азғана бөлігі.* **5.** ауыс. *Соңғы ұрпағы, алдағы ұрпақ тәрбиесінің, өнегесінің соңғы көрінісі.*

**САРҚЫРА=** ет. **1.** *Судың биіктен төмен қарай күшті сарынмен құлай ағуы.* **2.** поэт. *Сұйық заттың (су, сүт, қан, т.б.) қатты құйылуы, сорғалауы.*

**САРҚЫРАМА** зат. **1.** *Биіктен құлай аққан су.* **2.** геогр. *Өзен арнасын қиып өтетін кертпештен құлап аққан өзен суы.*

**САРҚЫРАТ=** ет. *Суды биіктен төмен қарай күшті сарынмен құлай ағыздыру.*

**САРҚЫРАТУ** *Сарқырат етістігінің қимыл атауы.*

**САРҚЫРАУ** *Сарқыра етістігінің қимыл атауы; судың, сұйықтың құлай ағуы.*

**САРҚЫС=** ет. *Бірге таусылу.*

**САРҚЫТ**[1] зат. **1.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттың, ырымның бірі бойынша, үйдегі балалар мен үлкен кісілерге, келіндеріне қонақтан, тойдан келген кісінің құрт, ірімшік, кәмпит сияқты т.б. ауыз тигізуіне әкелген дастарқан дәмі; жақсы қасиеттері жұғысты болсын деп ырымдап жеуге болатын қонақтан, үлкен кісілерден қалған тағам.* **2.** этн. ***Той сарқыты*.** **3.** жағымсыз. *Біреудің асының қалдығы.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің сақтап қойған соңғы қалдығы (әдетте дәмдісі, ең жақсысы).* **5.** ауыс. *Ұрпақ; ізбасар, алдағы буынның, бұрынғы заманда өмір сүрген тұлғаның ісін, өнегесін жалғастырушы, оның ұлгісінің кейінгі замандағы көрінісі.* **6.** ауыс. *Өтіп кеткен бір нәрсенің соңғы көрінісі, бұрынғының жұрнағы, сақталып қалған белгісі.*

**Сарқыт ақыры.** бейн. *Соңында қалған, жолын қуған ұрпақ.* **Сарқыт ішті.** а) этн. *Жұғысты болсын немесе жасын берсін деп ырымдап, беделді, абыройлы, өнерлі немесе жасы үлкен адамның асынан қалғанды жеді.* ә) *Біреуден қалған асты, қалдық, жұғынды жеді.*

**САРҚЫТ**[2] зат. эвф. *Ит, доңыз т.б. халал емес және жыртқыш жануарлардың нәжісі.*

**САРҚЫТ=** ет. *Түбіне дейін түгесу, таусылту.*

**САРҚЫТТАЙ** сын. **1.** *Бірдеменің сарқыншағы, қалдығы сияқты.* **2.** ауыс. *Сақталып, әбден сүрленген, ең жақсы, дәмді, тәтті сияқты.*

**САРЛЫҚ** зат. зоол. *Таулы Алтай мен Моңғолия жеріне таралған мүйізді ірі қара малдың сиырға ұқсас ерекше бір түрі.*

**Сарлық сиыр.** жерг. ***Сарлық***.

**САРМАЙ** зат. тамақ. ***Сарымай*** *(сүтті күбіге құйып, пісу арқылы немесе қаймақ не кілегейді шайқау арқылы алынатын құнарлы тағам).*

**САРМАҚ** зат. ескікіт. *Ақша, қаржы.*

**САРМАЛА** зат. өс. <лат. descurenia> *Дискурайния тұқымдасына жататын өсімдік.*

**САРМАН**[1] зат. миф. *Жын аты.*

**САРМАН**[2] зат. ескі кіт. *Салқындық.*

**САРМАТ** зат. тар. *Ерте кезде өмір сүрген көне түркі тайпаларының жалпы аты.*

**САРМОЙЫН** сын. *Жуан мойын, жалқау (адам).*

**САРМЫСЫҚ** зат. эвф. көне. ***Сарымысық*** *(арыстан).*

**САРМЫСЫҚТАЙ** сын. *Сармысық сияқты.*

**САРНА**[1]**=** ет. **1.** миф. этн. *Бақсының қобызын ойнап, айқайлап дауыс шығарып жындарын шақырып, сарынын айтуы.* **2.** ауыс. *Ауыз жаппай сампылдап сөйлеу.* **3.** *Зарлау, қақсау, тынбай қайталап айта беру.* **4.** жағымсыз. *Топ алдында сайрау.* **5.** *Ауырғанда, жаны қиналғанда адамның зарлы үн шығаруы, бебеу қағу.* **6.** поэт. *Ой-толғаныс, уайымын, жан күйзелісін зарлы үнмен білдіру.* **7.** ауыс. *Желдің, боранның ызыңдап қатты соғуы, ұлуы.* **8.** ауыс. *Анық-айқын көріну, сайрап жату.*

**САРНА**[2]**=** ет. *Керегеге сыздық салу, сыздықтау, жолақтау.*

**САРНАҚ** зат. этн. кәс. *Уық, кереге, шаңырақтардың қарына сызық, ирек су ағар т.б. ою-өрнек салу үшін қолданылатын киіз үй сүйегін жасаушылардың 3–4 тісі бар темір құралы.*

**САРНАТ=** ет. **1.** миф. этн. *Бақсының аспабын ойнатып, жындарын шақырып айқайлап дауыс шығарып сарынын айтқызтауы.* **2.** *Қатты дауыспен әуенге салу, аспабын ойнату, әуенге басу.* **3.** *Ауру жанының қиналуының адамға зарлы үн шығартуы, бебеу қаққызуы.* **4.** ауыс. *Жырлату, жырға қосу, жыр ғып шығару.*

**САРНАТҚЫЗ=** ет. *Зарлатқызу.*

**САРНАТҚЫЗУ** *Сарнатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**САРНАТТЫР=** ет. *Зарлаттыру, дауысын қатты шығарту, қақсату.*

**САРНАТТЫРУ** *Сарнаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**САРНАТУ** *Сарнат етістігінің қимыл атауы.*

**САРНАУ**[1] сын. жерг. *Сарнап жатқан, даңғыл, тегіс.*

**САРНАУ**[2] *Сарна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қақсау, зарлау, қайталап айта беру.* **2.** *Аурудан, жаны қиналғаннан адамның зарлы үн шығаруы, бебеу қағуы.*

**САРНАУШЫ** зат. қолөнер. *Сарнауықпен сыздық салушы шебер.*

**САРНАУЫҚ**[1] зат. этн. кәс. ***Сарнақ*.**

**САРНАУЫҚ**[2] сын. **1.** *Зарлап-қақсап қалған, сарнай беретін.* **2.** ауыс. *Сықырлауық, шиқылдауық, салдырлаған қатты дыбыс шығаратын.*

**САРОС** зат. астр. *Күн мен Ай тұтылуларының бірдей ретпен қайталану периоды.*

**САРП**: **сарп етті.** а) *Құр босқа таусылды, бекерге әлек болды.* ә) *Құйылды, дөп тиді.*

**Сарп ұрды.** а) жерг. *Әбден салпақтады, шаршады.* ә) *Шарқ ұрды, босқа сандалды.*

**САРПА** зат. көне. *Шапан*

**САРПАЙ**[1] [ир. سروپای] зат. көне. **1.** *Бастан аяққа дейін жететін мол, бағалы, сәнді киім.* **2.** этн. *Құдалыққа, тойға, құрметті қонаққа, ризашылық танытқан адамына сыйға тартылатын киім.* **3.** жерг. *Сыйға жабатын қымбат бағалы шапан.*

**Сарпай жапты.** көне. *Бағалы, сәнді киім киді (кигізді), бастан-аяқ киінді (киіндірді).* **Сарпай шапан**. этн. *Сыйлы, бағалы сәнді шапан.*

**САРПАЙ**[2] зат. вет. *Ұрғашы малдың жыныс мүшесінің жандағындағы бұлшық ет – еріндік.*

**САРПАЛДАҢ** зат. *Бос жүріс, бос сандалыс.*

**САРПАҢ** үст. *Сарсаң.*

**САРПАСТА**= ет. көне. *Жазалаудың көне әдісі бойынша адамды жылқының бауырының астына аяқ-қолын төрт жаққа керіп байлау.*

**САРПАСТАУ** көне. *Сарпаста етістігінің қимыл атауы // Көне жазаның түрі.*

**САРПАҺ** зат. *Әскер киімі.*

**САРПЫЛДА** = ет. сөйл. *Салпақтап жұмыс істеу, табанынан таусылу; сабылу.*

**САРПЫЛДАТ**= ет. сөйл. *Салпақтатып жұмыс істету, табанынан таусылту; сабылту.*

**САРПЫЛДАТУ** *Сарпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САРПЫЛДАУ** *Сарпылда етістігінің қимыл атауы.*

**САРПЫЛТАҢ** зат. жерг. *Әуре-сарсаң, салпақ, сабылыс, сергелдең.*

**Сарпылтаңға салу.** жерг. *Сергелдеңге түсіру, әуре қылу.*

**САРПЫЛТАҚ** зат. сөйл. *Бүркітке ұқсас құс.*

**САРРАФ** зат. ескікіт. *Салық жинаушы; айырбастаушы*

**САРСАЗАН** зат. өс. <лат. halocnemun> ***Сарысазан*** *(алабота тұқымдасына жататын, биіктігі 5–40-см шала бұта).*

**САРСАҢ** зат. *Әуре, әбігер, сергелдең. // Әбігерге түскен, әбден титықтаған, сергелдең болған. // Қорқақ, үркек, сасқалақ (адам).*

**Сарсаң болды**. *Әуреленді, әбігерленді.* **Сарсаңға салды**. *Әбігерге түсірді, әуреледі.* **Сарсаңға түсті.** *Әуреленді, сабылды, сергелдеңге түсті.* **Сарсаң етті [қылды]**. *Әуреге түсірді, сабылтты, әбігерледі.*

**САРСАҢДЫ** сын. *Әбігері көп, әуресі мол.*

**САРСАҢДЫҚ** зат. *Әбігерлік, әурелік; сергелдең.*

**САРСАҢ-КЕСЕК** зат. жерг. *Әуре-сарсаң, әбігерлік. // Әбігерге түскен, қобалжыған адам.*

**САР-САР** елік. **1.** *Сұйық заттың құйылғанда, төгілгенде шығаратын сарылдаған дыбысын білдіретін сөз.* **2.** *Қатты заттың жылдам қозғалып, ауаны немесе іші қуыс жұмсақ затты кесіп өткенде шығаратын қайталама немесе созылмалы сарылдаған дауыстарды білдіретін сөз.*

**Сар-сар етті**. *Сарылдаған дыбыс шықты, сарылдады.*

**САРСОЛМА** зат. өс. ***Сарысалма*** *(шөлшөлейтті жерлерде өсетін малазықтық шөп, ащы от).*

**САРСУ**[1] зат. ***Сарысу.*** **1.** *Ағзаның кеселге шалдығуына байланысты буынға жиналатын сарғыш түсті сұйықтық.* **2.** мед. <лат. exsudo> *Қабыну кезінде ұсақ қантамырларынан дене тініне бөлініп шығатын іріңді, қан аралас, т.б түрдегі сұйық зат.* **3.** мед. *Іш қуысына, буындарға сарсу жиналып қалатын ауру, дерт, кесел.* **4.** мед. *Жұқпалы ауруға қарсы егілетін сары түсті сұйық зат.* **5.** мед. *Адам мен жануар қанының құрамындағы гемоглобиннен басқа жасушалардан тұратын сұйық зат.*

**Сарсу байланды [алды, ұялады].** *Адамның буынына, т.б. жеріне сарсу жиналып қалды, сарсу ауруына шалдықты.*

**САРСУ**[2] зат. вет. *Түйеде болатын қатерлі індет, ауру.*

**САРСУ**[3] зат. ***Сарысу.*** **1.** *Ұйытқан айраннан немесе іріткен сүттен, т.б. сүт тағамынан бөлініп шығатын сары түсті су.* **2.** этн. *Осы сарсуды қайнату арқылы алынып, кептірілген құрт тәрізді тағам.*

**Сарсу шай**. сөйл. *Сүтсіз шай.* **Сарсу ішіп, сарымсақ жеді**. бейн. окказ. *Жұттың, аштықтың кесірінен аш қалмау үшін не болса, соны талғажау етті.*

**САРСУ**[3] *Сарсы етістігінің қимыл атауы.*

**САРСУЛАН** = ет. *Сарысу пайда болу, сарысу байлану.*

**САРСУЛАНДЫР**= ет. *Сарысу пайда болғызу, сарысу байлангызу.*

**САРСУЛАНДЫРУ** *Сарысуландыр етістігінің қимыл атауы.*

**САРСУЛАНУ** *Сарысулан етістігінің қимыл атауы.*

**САРСЫ**[1] = ет. *Сасып кету, иістену, шіру.*

**САРСЫ**[2] = ет. **1.** *Зарығу, шаршау, мезі болу.* **2.** *Сарысулану, сарысу толу.*

**САРСЫҚ**[1] зат. **1.** *Сасып кеткен, шірік заттың иісі.* **2.** ауыс. *Шірігі жеткен, күні біткен нәрсе; ескінің қалдығы.*

**САРСЫҚ**[2] зат. мед. *Буыны кілтілдеп ауыратын ауру; сарып.*

**САРСЫЛ** = ет. **1.** *Тырп етпеу, тапжылмау; сарылу.* **2.** *Зарығу, сарғаю.* **3.** *Шаршап-шалдығу, сабылу, сандалу.*

**САРСЫЛДЫР** = ет. *Зарықтыру, сарғайта күттіру.*

**САРСЫЛДЫРУ** *Сарсылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САРСЫЛТ** = ет. **1.** *Зарықтыру, сарғайта күткізу.* **2.** *Аурудың кесірінен тырп ете алмай қалу, тапжылмау; сарылу.*

**САРСЫЛТУ** *Сарсылт етістігінің қимыл атауы.*

**САРСЫЛУ** *Сарсыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зарығу, сарғаю.* **2.** *Шаршап-шалдығу, сабылу, сандалу.*

**САРСЫЛЫС** зат. *Бір нәрсені сарғая күткендік, зарығушылық.*

**САРСЫЛЫС**= ет. **1.** *Бірге зарығу, бірге күтісу.* **2.** *Шаршасу, әбігерге түсісу.*

**САРСЫЛЫСУ** *Сарсылыс етістігінің қимыл атауы; әбігерге түсісу.*

**САРСЫТ**: **құлағын [құлақты] сарсытты**. *Бір нәрсені айта-айта жалықтырды, мезі етті.*

**САРТ**[1] зат. **1.** көне. *Ерте кезде өзбектер мен тәжіктер сияқты сауда-саттықпен айналысқан түркітілдес халықтарға теліиніп келген ат.* **2.** тар. *Ерте кездегі Орта Азия қалаларының егіншілікті, сауданы, қолөнерді кәсіп еткен отырықшы тұрғындары.*

**Сарт құман**. *Бүйірі шығыңқы, үлкендеу құман.* **Сарт мезірет етті.** экспр. жағымсыз. *Шын көңілімен емес, жай ғана жалған ілтипат білдірді.*

**Сарт тілі**. сөйл. *Түркітілдес халықтарға ортақ болған ескі жазба тіл.* **Сарт шапан**. *Арасына мақта салып, қалың матадан тігілген жеңіл шапан.*

**САРТ**[2] елік. *Екі қатты зат соғылысқан кезде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Сарт ете түсті [қалды].** а) *Бір қатты нәрсе сартылдап қатты тиді.* ә) *Тез жетті, сап ете қалды.* **Сарт етті.** *Сарт еткен дыбыс шықты; тарс ете қалды.* **Сарт еткізді.** *Тарс еткізді.*

**САРТАБАН** зат. зоол. ***Сарытабан*** *(тұрқы қысқа, жалпиып қалған, сары түсті балық).*

**САРТАҒАНДА** = ет. *Шегендеу, тәптіштеу.*

**САРТАЛДАН** = ет. *Сарғайып қурау, кебу.*

**САРТАЛДАНУ** *Сарталдан етістігінің қимыл атауы.*

**САРТАЛҚАН** зат. этн. ***Сарыталқан*** *(жылқының майына араластырылып қуырылған тарыдан жасалған ұлттық тағам түрі).*

**САРТАҢДАҚ** сын. ***Сарытаңдақ.*** *Сарғыш түсті теңбіл-теңбіл, таңдай-таңдай.*

**САРТАП** сын. **1.** *Жел қағып, күн қақтап әбден қатып-семген, сарғыш тартқан.* **2.** ауыс. *Сарыла күткен, сарғайған.* **3.** *Қатып-семіп қалған, тапжылмай қалған.* **4.** ауыс. *Бірқалыпты, өзгермейтін.* **5.** ауыс. *Әбден қатып-піскен, шыныққан, ысылған.*

**САРТАПТАН** = ет. *Тақырланып сарғыш тарту, тапталу, қатып-сему.*

**САРТАПТАНУ** *Сартаптан етістігінің қимыл атауы.*

**САРТАПТАУ** сын. *Аздап сарғыш тартқан, қатып-семген.*

**САРТАПТЫҚ** зат. *Қатып-семгендік, бірсарындылық; шиырлық.*

**САРТАУЛЫ** зат. көне. *Ерте кездегі моңғолдардың Орта Азиядағы мұсылман халықтарына берген атауы.*

**САРТЕГЕЛЕК** зат. жерг. *Кішкентай дөңгелек қауын.*

**САРТ-САРТ** елік. *Екі қатты зат соқтыққан кезде шығатын қайталанба дыбыс.*

**Сарт-сарт етті**. *Сартылдады, тарс-тарс етті.*

**САРТ-САУАН** зат. көне. *Саудагерлер, ел аралап сауда жасаушылар.*

**САРТ-СҰРТ** елік. *Екі нәрсенің жиі соқтығуынан шығатын бір ашық қатты, бір қысаң солғын дыбыс.*

**Сарт-сұрт етті.** *Сарт-сұрт еткен дыбыс шығарды, сартылдап, сұртылдады.*

**САРТТАЙ** сын. жағымсыз. *Саудагер сарт сияқты саудақұмар, пайда іздегіш, саудаласқыш.*

**САРТҰҚЫШ** зат. зоол. *Тұқы тұқымдасына жататын балық түрі.*

**САРТША** үст. жағымсыз. *Сартқа ұқсап, пайдақорланып.*

**САРТШЫЛА**= ет. көне. *Ескі өзбек тіліне (ескі кітаби тілге) ұқсатып сөйлеу, дыбыстау.*

**САРТШЫЛАУ** көне. *Сартшыла етістігінің қимыл атауы.*

**САРТЫЛ** зат. *Бір нәрсенің сартылдаған дыбысы.*

**САРТЫЛДА** = ет. **1.** *Сарт-сарт еткен дыбыс шығару, сатырлау.* **2.** ауыс. *Еш нәрсені бүкпей, бөгелмей ашықтан ашық айту; дауысын шығарып, айқын айту, тақылдау.* **3.** *Тыным таппай бір істің соңында әлек болу.*

**САРТЫЛДАС** = ет. *Сарт-сарт еткізісу.*

**САРТЫЛДАСУ** *Сартылдас етістігінің қимыл атауы.*

**САРТЫЛДАТ** = ет. *Сарт-сарт еткізу.*

**САРТЫЛДАТУ** *Сартылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САРТЫЛДАУ** *Сартылда етістігінің қимыл атауы.*

**САРТЫШҚАН** зат. сөйл. ***Зорман.***

**САРУ: сару жер**. *Иен жатқан жер.*

**САРУ** *Сары етістігінің қимыл атауы; иттің зәр шығаруы.*

**САРУАР** [ир. سرور] зат. көне. *Қожа, ие, пір.*

**САРУӘР** ир. зат. ***Саруар.***

**САРЫҮЙЕК** зат. зоол. *Жыланның ірі түрі*

**САРФ: сарф етті.** ескікіт. ***Сарп етті.***

**САРЦИНАЛАР** [лат. sarcio] зат. биол. *Үш бағытта бөліне отырып байланысып, пішіні жағынан дұрыс пакеттер түзіп, 8,18,32,64 жасушалардан тұратын микроағзалар.*

**САРША**[1] сын. *Ашық сары, ақ сары.*

**САРША**[2] зат. этн. **1.** *Шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын ыстық, аптап кез, жаздың нағыз қызған шағы, жаз амалы.* **2.** *Қазақтың шілдеге сәйкес келетін ай аты.*

**Сарша бесін.** этн. *Күн әбден қызған түс кезі.* **Сарша тамыз**. а) этн. *Жаздың аспан айналып жерге түскендей ыстық кезі; аптапқа сәйкес келетін жаз амалдарының бірі.* ә) сөйл. *Тамыз айының кей кездегі аталуы.* **Сарша тамыздағы**

**сағымдай**. бейн. *Құлпырған, жайнаған, көз тартатындай.*

**САРША**[3] зат. жерг. *Өртенген жерге қайта шыққан шөп.*

**САРШҰНАҚ** зат. *Ашық далалы шөл, шөлейтті жерлерде тіршілік ететін, дене тұрқы 20-30 см, құлақ қалқаны кішірек, түсі қоңыр сары тышқан.*

**САРЫ**[1] сын. **1.** *Піскен егіннің немесе алтынның түсіндей түс.* **2.** *Ақ және сары өңді адамдарда болатын терінің ақшыл өңінің түрі.* **3.** *Ақыл, парасаттың, кейде уайым, қайғының символы болып есептелетін, символдық мәні бар түс. // Сары өңді адам. // Сары нәсілді адам. // Сары түсі басым қылаң ат. // Алтын сияқты бағалы металл.*

**Сары аққайран.** зоол. *Аққайранның сарғыш түсті түрі.* **Сары ала етек сарпылтаң.** *Күнделікті күйбің тіршілік ыңғайымен сарытап болған.* **Сар [ы] жалақ**. *Ерні үнемі жалақ (жара) болып жүретін адам.* **Сар [ы] садақ**. көне. этн. *Қайыңның қабығымен қапталған, сары түсті садақ.* **Сар [ы] жағал оқ**. көне. *Сарғайған қайыңнан жасалған берік оқ, сары жебе.* **Сары [ақ сары] қыз.** поэт. *Ақшыл сары немесе сары өңді әдемі қыз.* **Сары [бие] самаурын.** бейн. *Үлкен жез самаурын.* **Сары [сар] жез**. *Арзан, сапасы төмен жез, содан жасалған бұйым.* **Сары ала жез түймеге мақтанды [шен төсін керді].** бейн. *Мансапқор болды, шен-шекпен қуды, мансабына мас болды. Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау кезіндегі дәстүрлі әкімшілік жүйені бұзып, күшпен енгізілген басқару лауазымдарындағы шен-шекпендері сарыала түсті, халықтың мүддесін аяққа таптағандар туралы].* **Сары ала күз.** *Өсімдіктердің жапырағы сарғайып, түрлі түске боялған, күздің күшіне енген орта кезі.* **Сары ала қылыш.** *Алтын жалатқан сабы бар, шаншу, түйреу, шабуға арналған өткір жүзді соғыс қаруы.* **Сары ала.** а) *Ақ, қара немесе басқа түстермен сары араласқан түстің түрі.* ә) *Сарышұнақ аяз, қыстың күшіне енген сары аяз кезі.* б) *Қатық не айран немесе езілген құрт қосылған (сорпа).* в) *Сүрленген майлы соғым еті.* **Сары ала киінген**. эвф. *Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асырушы әскери, әкімшілік шен иелері [китель, мундирлерінің сары аралас түсіне қарай аталып отыр].* **Сары алақоржын.** зоол. *Жазық жерлердің сазды және сазды-қиыршық тасты телімдері мен тау бөктерлерін мекендейтін кеміргіштер отрядына жататын, таралу аймағы шағын, сирек кездесетін аң.* **Сары алқа.** *Алтын алқа.* **Сары ат**. *Сары түсі басымдау қылаң ат [Қазақта жылқының қылаңынан гөрі бараны төзімділігі үшін бағалы болған, ал қылаң түстілерін сәнді көріну үшін бозбала қызға барғанда мінеді екен].* **Сары барақ [ат].** *Жүні ұзын, сарысы басым қылаң ат.* **Сары барқын дала.** *Сары мен сұрғылт, қоңыр араласқан түске еніп жатқан жазық, дала.* **Сары володушка.** өс. <лат. bupleurum longifolium> *Шатыршагүлдер тұқымдасына жататын биіктігі 40–120 сантиметр, маусым-шілде айларында гүлдеп, жемісі шілде-тамызда пісетін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Сары жай.** ***Саржа.*** **Сары жалқын.** *Оттың жалыны тәрізді сарғыш қызыл түс.* **Сары жебе**. ***Сарыжағал оқ***. **Сары жүн [жүнді] оқ**. көне. этн. *Қауырсыны сары, берік, үлкен жебе.* **Сары инелік**. *Сары түсті, үлкен, ұзын инелік.* **Сары қант.** тамақ. *Қамыс құрағынан алынатын қант.* **Сары орыс.** сөйл. *Қазақ жеріндегі орыстар [бұған қарама-қарсы қара орыс деген ұғым қазақ тілін білетін, қазақ жұртымен етене араласып кеткен орыс ұлтының өкілдері дегенді білдіреді].* **Сары уыз.** *Жұмыртқаның ішіндегі сары түсті қоймалжың зат.* **Сары шегір.** саят. *Қауырсынына сары араласқан бүркіттің түсі.* **Сары шұбар**. *Шұбары бар сары өңді (түсті).*

**САРЫ**[2] **...** *Жер бедері, су қоймаларының күрделі аттарына тіркескенде кең, басты, негізгі, анық, айқын көрінетін деген; жануар, мал, аң аттарына – зор, төзімді, мықты; тағам аттарына – қуатты, күшті маңызды; әртүрлі тұрмыстық заттар аттарына – үлкен, көлемді, қымбат, бағалы; табиғат құбылыстары мен басқа құбылыс аттарына – ұзаққа созылған, ұзақ, созылмалы, бірсарынды, үздіксіз деген сияқты т.б. мағыналарды үстейтін қосымша сөз.*

**Сары ала қазы**. *Майлы сүр қазы.* **Сары ала таң**. *Ұзақ таң.* **Сары ала ту**. этн. *Үлкен соғыс туы.* **Сары ала [сары ала, сорпа] тұздық.** *Қатық не айран немесе езілген құрт қосқан сорпа, тұздық.* **Сары алтын.** поэт. *Жалт-жұлт еткен, қоспасыз таза алтын.* **Сары алтындай.** поэт. *Бағалы, қымбат.* **Сары алтындай еледі**. поэт. *Көп ішінен таңдады.* **Сары алтындай мінезі ауыр.** поэт. *Салмақты, ұстамды.* **Сары алтындай сары қымыз.** поэт. *Бағалы, емдік қасиеті жоғары сары қымыз.* **Сары алтынның [буынан] буындай**. фольк. а) *Елітіп әкететін, еліктіре жөнелетін.* ә) *Көз тоймайтын сұлу.* **Сары атан**. *Ауыр жүк көтеруге шыдамды, көш бастайтын, үлкен атан түйе.* **Сары аурудан [сүзектен] тұрғандай.** *Қатты жүдеген, арыған.* **Сары [шұнақ] аяз [қызыл шұнақ сары аяз, сақылдаған сары аяз].** *Қақаған суық, шыңылтыр, ұзаққа созылған қатты аяз.* **Сары аю**. *Үлкен аю.* **Сары аяздай сартылдады**. поэт. *Қартайды, қаусап, қалтырады.* **Сары аяқ.** этн. *Үлкен аяқ, үлкен табақ.* **Сары аяң.** *Аттың бірқалыпты ұзақ жүрісі.* **Сары балық.** *Үлкен, еті мол балық.* **Сары баспасөз.** жағымсыз. *Сапасы төмен, нақты принципі, айқын бағдары мен ұстанымы жоқ қарабайыр баспасөздің жиынтық атауы.* **Сары бел**. *Анық көрінетін, кең бел-белес.* **Сары бесін.** ***Сарша бесін*** *(түстің нақ қызған шағы).* **Сары бетеге.** бейн. *Әбден піскен бетеге шөп.* **Сары беткей.** *Созылып жатқан кең беткей.* **Сары бидай**. поэт. *Бітік өскен, сап-сары боп піскен бидай.* **Сары бүлкек.** *Аттың бірқалыпты ұзақ бүлкектеген жүрісі.* **Сары [сар] дала**. а) поэт. *Ұшы-қиыры жоқ, шетсіз-шексіз, кең дала; қазақтың байтақ жері.* ә) *Сусыз, елсіз, қаңырап жатқан бос жер, ен дала.* б) *Жазық, тегіс жер.* **Сары далада сарыуайым.** бейн. *Жапанда өз қайғысымен жалғыз қалып қойғандай күйзелген күй.* **Сары [сар] даланы көл қылды**. поэт. *Қатты қайғырды, қайғы жұтып, жылағанда етегі толды.* **Сары жаз.** *Жаздың нақ қызған шағы, жаз ортасы.* **Сары жамбас болды.** *Ешқайда шықпай, ұзақ жатып алды.* **Сары жел**. *Тынымсыз соққан, бірқалыпты ұзаққа созылған жел.* **Сары желдірді.** *Біркелкі, ұзақ жолда шаршамай жеткізетін аяң желіске салды.* **Сары желіс.** *Біркелкі, ұзақ жолда шаршамай жеткізетін желіс.* **Сары жол [жолды].** а) *Жолы қиын, қырсықты (адам).* ә) *Сарсылтып, шаршататын ұзақ жол.* **Сары жон**. *Шөбі ерте пісіп кеткен, самал есіп тұратын кең жон.* **Сары жұрт**. *Оты қашып тозған, шиырланған қоныс.* **Сары жілік.** *Сарыгідір орта жастағы кісі.* **Сары кезең.** *Үлкен, кең, анық көрінетін кезең.* **Сары кесе.** *Литрлік үлкен кесе.* **Сары күз**. *Күн салқындап, дала сары ала тартқан күйге енген кез; нағыз күз.* **Сары күй.** *Орташа күй, орта қоңы.* **Сары күрең.** *Сарғыш тартқан күрең түс.* **Сары қабық.** жерг. *Ағаштың екінші қабығы.* **Сары қалпақ.** стиль. *Күннің нұры, сәулесі, шуағы.* **Сары қамыс.** *Қалың, ну қамыс.* **Сары қарын бала.** *Шиеттей жас бала.* **Сары қарын тартты.** *Егде тартты, жасы келді.* **Сары қарын.** *Орта жастағы кексе әйел.* **Сары қасық.** жерг. *Үлкен қасық, ожау.* **Сары қатық.** *Майлы, дәмі тіл үйіретін қатық.* **Сары қи.** *Қызуы мол, нығыз қи.* **Сары қурай.** өс. *Оңайлықпен жұлынбайтын, тамыры терең, іші қуыс, сабағы қатты қурай.* **Сары құлақ.** *Көп естіген, көп тыңдаған, есте көп сақтайтын.* **Сары қымыз.** этн. *Шөп пісіп, биенің сүті қоюланған кездегі бетінде майы қалқыған, ашуы бабына жеткен қуатты қымыз.* **Сары қымыз сапырды**. *Бие сауып отырды, сауынға биесі бар болды.* **Сары майдай елжіреді.** *Өте іатты мейірімі түсті, көңілі іұлады.* **Сары майдай ерітті.** *Жан-жүйесін босатты.* **Сары манат.** *Аса қымбат, бағалы барқыт мата, содан тігілген сырткиім.* **Сары маңыз.** *Сүттің қою, майлы бөлігі.* **Сары маса.** *Даусы қатты естілетін үлкен маса.* **Сары мая.** *Үлкен мая.* **Сары мәуіт.** *Ашық түсті бағалы мауыты мата.* **Сары оба.** а) *Көне зират.* ә) жерг. *Бетегелі шөбі бар, адырлы жер.* **Сары өзен**. *Үлкен, шиырланған өзен.* **Сары сайран жер**. поэт. *Кең дала, ұшы-қиырсыз өлке.* **Сары салық.** *Үлкен салық.* **Сары сәске.** *Түс ортасы, түстің қызған шағы.* **Сары селеу.** өс. *Селеу шөбінің бір түрі.* **Сары су.** *Үлкен, арнасы кең, ағысы бірсарынды терең өзен.* **Сары тазы.** *Жүні сары, әккі, көптен бері ерткен, сыралғы, жүйрік тазы.* **Сары тамыз**. ***Сарша тамыз***. **Сары таң**. *Жаздың ұзақ таңы.* **Сары тап болды**. *Жүдеді, әбден титықтап азды.* **Сары төсек болды.** Ұзақ ауырып жатты. **Сары тіс [тісті]**. *Біраз жасқа келген, жасамыс.* **Сары үрпек балапан.** *Қанаты қатпаған, жас, тәжірибесіз.* **Сары фосфор.** *Фосфордың сары түсті түрі.* **Сары шай.** сөйл. *Тақта шай, кірпіш шай.* **Сары шәйнек**. *Әбден қолдың табы сіңген, көнеден ұсталып келе жатқан үлкен шәйнек.* **Сары шөл**. *Иен жатқан шөл дала.* **Сары шыбын**. *Өлексеге, сасық иіске үймелей кететін үлкен шыбын.* **Сары тісті.** *Егде тартқан, қартайған.* **Сары тоқым [сірі тоқым] ұры.** *Алыстан шеттеу жерлерден мал, әсіресе, жылқы малын ұрлаумен айналысатын баукеспе.* **Сары тышқан.** *Терісінің түсі сары, далалы жерді мекендейтін кемірғіш, сарышұнақ.* **Сары уайым жамылды.** *Қалың қайғы-қасірет басты.* **Сары ызғырық**. *Ұзақ соққан баяу суық жел.*

**САРЫ**[3] зат. саят. *Бүркіт тұқымдас, ой жерлерді мекендейтін қыран құс.*

**САРЫ**[1] = ет. *Ит тұқымдастарының зәр шығаруы, сиюі.*

**САРЫ**[2] = ет. жерг. ***Сарқылу***.

**САРЫАҒАШ**[1] зат. өс. *Жетісу аймағында өсетін ағаштардың бір түрі.*

**САРЫАҒАШ**[2] зат. өс. ***Бөріқарақат.***

**САРЫАЗБАН** зат. зоол. <лат. solifugae> *Буынаяқтылар типі, өрмекшітәрізділер табы, сарыазбан отрядына жататын екі кеуде бунақтары және 10 бунақты құрсағы бар өрмекшітәрізділер.*

**САРЫАЛА** зат. өс. *Қауынның бір сорты.*

**САРЫАЛАҚАЗ** зат. **1.** *Италақаз, шағын көлдерде тіршілік ететін сарғыш реңді, бауыр жүні ақ, жабайы қаз, ауланатын құс.* **2.** зоол. <лат. tadorna tadorna> *Қаз тәрізділер отряды, үйрек тұқымдасына жататын құс.* **3.** миф. *Байырғы аңыз бойынша, жұмыртқасынан тазының күшігі туатын құс [Аңыз бойынша нағыз құмай тазы жұмыртқасын елсіз биік төбеге салатын, құстардың ішінде хайызы келетін жалғыз құс – сарыалақаздан туады-мыс].*

**САРЫАЛҚЫМ**: **сарыалқым аражегіш.** зоол. ***Сарыбоздақ.***

**САРЫАНДЫЗ** зат. өс. <лат. ligularia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін емдік өсімдік.*

**САРЫАРҚА: сарыарқа қойы.** *Қазақы қой тұқымы.*

**САРЫАРҚАИТ** зат. геол. *Силикаттар класының сирек жер элементтерінің минералы.*

**САРЫАТАН** зат. этн. *Сәуір, заузадан кейінгі амал.*

**САРЫАУЫЗ** зат. *Балапанның қанаты әбден қатқанға дейінгі өмірінің бірнеше кезеңнен тұратын алғашқы кезі. // Жаңа туған, жаңа шыққан, әлі қатаймаған.*

**Сарыауыз балапан**. бейн. а) *Жас бала, сәби.* ә) *Жұмыртқадан жаңа шыққан құстың балапаны.* б) *Түкке түсінбейтін, тәжірибесі жоқ бала.* **Сарыауыз майшабақ.** зоол. *Кәсіптік маңызы бар майшабақ түрі.*

**САРЫАЯҚ** зат. сөйл. **1.** ***Марқа.*** **2.** *Ерте қыста туған төл.*

**САРЫАЯҚТАР** зат. жерг. *Қытайдағы қазақтардың гоминьдан әскеріне қойған аты [Гоминьдан – Қытайда 1912 жылы құрылып, 1927 жылға дейін пролетариаттық сарында болып, кейіннен буржуазияшылдық бағытқа түсіп, 1949 жылы Қытай коммунистік партиясымен құртылып, қудаланған саяси партия, қазір Тайваньда бар].*

**САРЫАЯҚТАС** сын. жерг. *Замандас, қатар.*

**САРЫБАЛАҚ**[1] сын. *Сарғайып пісе бастаған (егін, шөп).*

**Сарыбалақ тартты.** *Пісе бастады, сарғайды.*

**САРЫБАЛАҚ**[2] зат. саят. *Балақ жүні сарғыш келетін, аңға көп түсіп машықталған алғыр қыран құс, бүркіт.*

**САРЫБАЛАҚТАН** = ет. *Сарғаю, пісе бастау (егінге, шөпке қатысты).*

**САРЫБАЛАҚТАНУ** *Сарыбалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫБАС**[1] зат. өс. <лат. rorippa> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫБАС**[2] зат. өс. ***Қышабас.***

**САРЫБАС**[3] зат. өс. ***Сарыбасқурай.***

**САРЫБАС**[4] зат. өс. ***Шайқурай.***

**САРЫБАС**[5]**...** *Басы, денесінің жоғарғы бөлігі сары болып келетін жануарлар және гүлдері сары болып келетін өсімдік, түрлері күрделі атауларының құрамындағы көмекші сөз.*

**САРЫБАСБЕДЕ** зат. өс. *Беденің гүлдері сары түрі.*

**САРЫБАСЖОҢЫШҚА** зат. өс. <лат. medicago falcata> *Сары гүлді малазықтық шөптесін өсімдік.*

**САРЫБАСЖУСАН** зат. өс. <лат. achillea nobillis> *Жусан тұқымдасына жататын ұсақ сарғыш гүлдері бар, дәрілік, малазықтық ащы шөп.*

**САРЫБАСЖЫЛАН**. зоол. *Су бойына жақын жерлерде болатын басы сары жылан.*

**САРЫБАСҚУРАЙ** зат. өс. **1.** *Тау беткейлерінде, далалы жерлерде, егістікте өсетін, гүл шоғыры сары түсті шөптесін өсімдік.* **2.** <лат. sisymbrium> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫБАСМИЯ** зат. өс. *Басындағы гүлдері сары болып келетін мияның түрі.*

**САРЫБАСША** зат. өс. <лат. nasturtium> *Жапырақтары қауырсынды, шеті ойықталып тілімденген, ақ түсті гүлдері қысқа масақ гүлшоғырына топталған, орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігі.*

**САРЫБАСШӨП** зат. өс. <лат. erysimum> *Ақбасқурай, орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі, көпжылдық өсімдіктер.*

**САРЫБАУЫР**[1] зат. өс. *Қалпағы доғал, етегі түсіңкі, сабағы жуан, түсі сары қоңыр, жеуге жарамды саңырауқұлақтың түрі.*

**САРЫБАУЫР**[2] зат. вет. жерг. *Қой ішін сарысу қаптап кететін ауру түрі.*

**САРЫБАУЫР**[3]**...** *Бүйірі ақшыл, сары түсті жан-жануарлар түрлерінің күрделі атауларының құрамындағы көмекші сөз.*

**Сарыбауыр кесіртке.** зоол. <лат. ophisaurus apus> *Кесірткелер отряды, ұршықтәрізділер тұқымдасына жататын аяқсыз кесірткелердің пішіні жыланға ұқсайтын бір түрі, сарыжылан.* **Сарыбауыр қарашұбар жылан.** зоол. <лат. coluber caspius> *Қабыршақтылар отряды, су жыландар тұқымдасына жататын бауырымен жорғалаушы.* **Сарыбауыр сазан.** бейн. *Бауыры сары үлкен, семіздеу сазан.*

**САРЫБОЗДАҚ** зат. зоол. *Аражегіш тұқымдасына жататын жыл құсы.*

**САРЫБОРАНДАТ** = ет. *Ұзағынан тоқтамай боран соғу.*

**САРЫБОРАНДАТУ** *Сарыборандат етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫБОТҚА** зат. өс. <лат. chorispora> *Алтайда өсетін біржылдық дәрілік шөп.*

**САРЫБӨРТПЕ** зат. саят. *Жуылып, сөлінен айырылған, қыран құсты баптағанда берілетін ет.*

**САРЫБУЫН**[1] зат. мед. <грек. podagra> *Зат алмасудың бұзылуы, қан құрамында зәр қышқылының көбеюі, тұздардың ағзада, буында, тінде байланып қалуы салдарынан адам және жануарларда болатын, әдетте аяқтың сырқырауынан, буынның ісіп кетуінен басталатын созылмалы ауру.*

**САРЫБУЫН**[2] зат. өс. <лат. trollius> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫБҰҒА** зат. өс. *Тамырының емдік қасиеті бар шөп.*

**САРЫБҰРАУ** зат. өс. ***Кермек.***

**САРЫБҰРЫШ** зат. өс. *Емдік мақсатта қолданылатын иісті бұрыш.*

**САРЫГҮЛ** зат. өс. <лат. trollius> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын шөптесін немесе шала бұта өсімдік.*

**САРЫГҮЛДІ** сын. *Гүлдері сары түсті.*

**Сарыгүлді көкгүл.** өс. *Көкгүлдер тұқымдасына жататын биіктігі 40-90 сантиметр, маусым-шілде айларында гүлдеп, жемісі шілде-тамызда пісетін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Сарыгүлді өсімдік.** өс. ***Сарыгүл.***

**САРЫДЕНЕ** зат. биол. <лат. corpus luteum> *Аналық жыныс безі – жұмыртқалықтың аналық жыныс гормонын бөлетін эндокринді бөлігі.*

**САРЫЕЗУ** сын. **1.** *Жұмыртқадан жаңа шыққан.* **2.** ауыс. *Аузынан уыз дәмі кетпеген, тәжірибесіз, жас (адам).* **3.** ауыс. *Шиеттей, өрімдей (бала-шаға). // Балапанның жұмыртқаны жаңа ғана жарып шыққан сарыауыз шағы.*

**САРЫЖА** зат. көне. ***Саржа*** *(сарыға боялған, сүйекпен әшекейленген садақ).*

**САРЫЖАҒАЛ** сын. **1.** *Сарғыш реңі басым жағал, жолақ (ешкі).* **2.** *Солғын көк жолақ аралас сарғыш түс.*

**Сарыжағал газет.** жаңа. *Жұрттың назарын аулау үшін өсек-аяң, тексерілмеген ақпаратты көп жариялап, сенсация қуатын, бейресми мерзімді басылым.* **Сарыжағал тартты**. *Сарғая бастады, сарыжағалданды.*

**САРЫЖАҒАЛДАН** = ет. *Сары жолақ түске ену, сарыжағал тарту.*

**САРЫЖАҒАЛДАНУ** *Сарыжағалдан етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫЖАДАЙ** сын. көне. **1.** *Сарыжа сияқты.* **2.** поэт. ***Саржадай*** *(сұлу қыздың иілген, керілген қасы).*

**САРЫЖАЙ** зат. *Сүйекті ойып әшекейлеген садақ.*

**САРЫЖАЙЛАУ** зат. этн. *Жидек піскен, қанжайлаудан кейінгі жайлаудың соңғы шағы.*

**САРЫЖАМБАС: сарыжамбас болды**. *Науқастанып, төсекте ұзақ жатып қалғаннан терісі ойылды, жата-жата жамбасы тесілді, міндеті кісіге қарап қалды.*

**САРЫЖАРҒАҚ** зат. этн. *Жарғақтан тігілген сырт киім немесе кең шалбар.*

**САРЫ-ЖАСЫЛ: сары-жасыл балдырлар.** биол. <лат. xan-thophyta> *Жасушаға бөлінбеген, кейбіреулері қозғалып жүретін біржасушалы, көпжасушалы, қауымды балдырлар, балдырлардың бір бөлімі .*

**САРЫЖОҢЫШҚА** зат. сөйл. ***Сарыбас жоңышқа;*** *ірі гүлді бойдана.*

**САРЫЖЫЛАН** зат. зоол. <лат. ophisaurus apodus> *Қабыршақтылар отрядына жататын сарыбауыр кесіртке.*

**САРЫЖІЛІК** сын. **1.** *Егде тартқан, сары қарын болған (әйел).* **2.** *Әккіленген, әбден шыныққан.*

**САРЫИРЕК** зат. өс. *Шөл, шөлейтті жерлерде өсетін жайылымдық шөп.*

**САРЫКЕЗЕК** зат. жерг. *Жұқпалы ауру атауларының бірі.*

**САРЫКЕКІРЕ**[1] зат. зоол. *Ірі балықтың түрі.*

**САРЫКЕКІРЕ**[2] зат. өс. <лат. picris> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын дәрілік өсімдік.*

**САРЫКЕРУЕН** зат. жерг. *Сортаң жерге шығатын ащы шөп.*

**САРЫКҮЗЕН** зат. зоол. <лат. mystela sibiricus> *Дене пішіні 28–39 см-дей келетін терісі бағалы аң.*

**САРЫКҮЙІК** зат. өс. <лат. kobresia> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық, тау беткейлерінде өсетін аласа жұмыр, малазықтық шөптесін өсімдік.*

**Сарыкүйіктің қымызы.** этн. *Дәмі үйірілген, құнарлы әрі майлы қымыз (саркүйікке (шөп) жайылған биенің сүті).*

**САРЫКІДІР** сын. сөйл. ***Саргідір.*** **1.** *Тоқтасқан, егде тартқан (ер адам туралы).* **2.** *Орта жасар (жылқы).*

**САРЫҚ**[1] зат. *Салпаң (ұзын) құйрықты мәліш қой.*

**Сарық қой**. *Сарық, ұзын құйрықты қой.*

**САРЫҚ**[2] зат. *Иттің, қасқырдың т.б. зәрі, сідігі.*

**САРЫҚ**[3] зат. мед. *Буындары ісіп кететін ауру; сарбуын.*

**САРЫҚ**[1] = ет. сөйл. ***Сарқы.*** **1.** *Түбіне дейін ішу.* **2.** *Түгін қалдырмай айту, әңгімені тауысу.* **3.** ауыс. *Бар мүмкіндігін, әлеуетін аямай жұмсау.*

**САРЫҚ**[2] = ет. көне. *Демалу, тынығу, тыныстау.*

**Сарығы басылды.** *Құмары қанды, мауқы басылды.* **Сарығын басты.** а) *Демін алды, тынықты.* ә) *Шөлін қандырды, сусындады.* б) *Құмарын қандырды, мауқын басты.* **Сарығын бастырды**. *Демін алдырды, тынықтырды.*

**САРЫҚ: жүзің сарық.** *Жадау, жүдеу, түсі қашқан.*

**САРЫҚАЛУЕН** зат. өс. <лат. cirsium ochro-bepideum > *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, бақшада, жайылымда, өзен жағасында биік болып өсетін, гүлі сары түсті, тікен жапырақты екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫҚАЙҒЫ** зат. *Күйректік, қатты қайғы.*

**САРЫҚАЙРАҚТАН=** е т. *Әбден төселу, шыңдалу.*

**САРЫҚАЙРАҚТАНУ** *Сарықайрақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫҚАНАТ** з а т. б а л ы қ ш а р. *Кең маңдайлар тұқымына жататын, Байкал көлінде ғана кездесетін еті дәмді балық.*

**САРЫҚАРАҒАЙ** з а т. ө с. *Қарағайдың бір түрі.*

**САРЫҚАРАҒАН** з а т. ө с. <лат. zycium chinenses> *Далалы аймақтың сай-салаларында, жыраларында өсетін, биіктігі 0,5–2 м-дей, майда жапырақты, хош иісті, сарыгүлді, қараған тұысына жататын бұта.*

**САРЫҚАРАҚАТ** з а т. ө с. *Қуаң жерлерде өсетін, биіктігі 2–3 м-дей бұта тектес жеміс ағашы.*

**САРЫҚАРЫН** с ы н. *Жасы келген, егде, мосқал (әйел).*

**Сарықарын бәйбіше**. э т н. *Ер адамның тұңғыш перзентін дүниеге әкелген, қадірлі саналатын, бірінші алған, егде тартқан әйелі.* **Сарықарын тартты**. *Егде тартты, жасы келді (әйел адам туралы).*

**САРЫҚАС: сарықас торғай**. з о о л. <лат. phylloscopus> *Мақтанторғай тұқымдасының бір тұысына жататын, көбінесе орман ішінде жүретін, тұрқы 10–14 см, салмағы 5–12 гр., көзінің үстіңгі жағы (қасы) сарғыш келген кішірек қоңыр құс.*

**САРЫҚАСҚА: сарықасқа ер.** э т н. *Маңдайын күмістеген, алды-артының сүйегі бөлек шабылатын қазақы ер.* **Сарықасқа қылды.** *Сары ала етіп майға араластырды.*

**САРЫҚАТ** з а т. ө с. с ө й л. ***Шырғанақ.***

**САРЫҚИЯҚ** з а т. ө с. *Ши тоқитын өсімдік түрі.*

**САРЫҚОҢЫЗ** з а т. э т н. *Жаз айында, маусымда қоңыз қаптайтын кезеңге сәйкес амал.*

**САРЫҚПА** з а т. с ө й л. *Ыдыстағы сұйық заттың қалдығы; сарқынды.*

**САРЫҚТЫҚ** з а т. *Суы қайтқан алқап.*

**САРЫҚУРАЙ** з а т. ө с. <лат. ferula> *Далалы, шөлді жерлерде өсетін сасырдың бір түрі.*

**САРЫҚҰЙРЫҚ** з а т. ө с. *Тау өсімдіктерінің бір түрі.*

**САРЫҚҰЛАҚТАН=** е т. *Өсімдік сабақтары мен жапырақтарының сарала тартып, пісе бастауы.*

**САРЫҚҰЛАҚТАНУ** *Сарықұлақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫҚҰТАН** з а т. з о о л. *Таралу аймағында саны кеміп бара жатқан, өте сирек кездесетін құтандар отрядына жататын құс.*

**САРЫҚЫЛШЫҚ** з а т. с а я т. *Қыран құс балапанының жұмыртқаны жарып шыққан кезеңдегі алғашқы жүні.*

**САРЫҚЫНА** з а т. ө с. *Түсі сары болатын аққына сияқты шөп түрі.*

**САРЫЛ** з а т. *Сарылдаған, сар-сар еткен дыбыс.*

**САРЫЛ =** е т. *Бір нәрсені ұзақ күту, зарығу, сарғаю.*

**Сарыла күтті.** *Ұзақ тосты.*

**САРЫЛАМА** з а т. м е д. ***Сарыауру.***

**САРЫЛДА =** е т. *Сар-сар еткен дыбыс шығару, сарқырау.*

**САРЫЛДАТ =** е т. *Сар-сар еткен дыбыс шығарту, сарқырату.*

**САРЫЛДАТУ** *Сарылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫЛДАУ** *Сарылда етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫЛДЫР =** е т. *Көптен күттіру, зарықтырып барып жеткізу.*

**САРЫЛДЫРУ** *Сарылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫЛТ=** е т. *Зарықтырып қою, әбден күттіру.*

**САРЫЛТУ** *Сарылт етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫЛУ** *Сарыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зарыға күту.* **2.** *Әбігерге түсу, титықтау.*

**САРЫЛЫ: сарылы жон.** *Шөбі шүйгін, үлкен жон.*

**САРЫЛЫҚ**[1] з а т. *Сары түстілік, сарғыштық.*

**САРЫЛЫҚ**[2] з а т. ж е р г. *Жан-жағы тау, ортасы жазық болып келген жер.*

**САРЫЛЫС** з а т. *Бір нәрсені ұзақ тосқандық, күткендік; сарғайғандық.*

**САРЫМАЙ** з а т. **1.** э т н. *Айранды пісу арқылы алынатын, ұзақ мерзімге сақтау үшін тұздалып, қойдың қарнына салынатын қазақтың ұлттық сүт тағамы.* **2.** т а м а қ. *Қаймақтан өндірілетін май, тағамдық майлардың көп тараған түрі.*

**Сарымайға қозғаған жармадай.** п о э т. *Үйлесімді, жарасымды.* **Сарымай жақты.** э т н. *Айғырды үйірге салуда бауыры өссін деген ырыммен сауырына сарымай жақты.*

**САРЫМАЙДАЙ** с ы н. *Сарымай сияқты.*

**Сарымайдай жақты.** *Тыңдаған әңгімесі ойынан шығып, көңіліне ұнап барады деген мағынада.* **Сарымайдай еріді.** *Іші жылыды, елжіреді.* **Сарымайдай ерілді.** б е й н. *Еліктіртті, іштартқызды, сұлуланды.* **Сарымайдай ерітті [елжіретті].** п о э т. *Еліктірді, ішін жылытты.* **Сарымайдай сақтады.** а) *Ешкімге тіс жарып айтпаған, құпия етіп келген.* ә) э т н. *Алыстағы жақын адамына, қимасына беретін зат, нәрсені ешкімге тигізбей сақтау, қару туралы.* **Сарымайдай толықсыды**. п о э т. *Керіліп-кербезденді, былқ-сылқ етті.*

**САРЫМАЙЛЫ** с ы н. *Сарымайы бар.*

**САРЫМАҚ** з а т. *Жолбарыстың күшігі.*

**САРЫМАЛА** з а т. ө с. <лат. descurainia> *Биіктігі 25-80 см-дей, құрғақ алқаптар мен жол жиектерінде, бақшаларда өсетін біржылдық дәрілік өсімдік.*

**САРЫМАҢЫЗДАН =** е т. *Сары маңызға айналу, қоюлану.*

**САРЫМАҢЫЗДАНУ** *Сарымаңыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫМАСА** з а т. *Ілмиген, ұзын тұмсық, сары түсті маса түрі.*

**САРЫМАСАДАЙ** с ы н. *Сарымаса сияқты.*

**Сарымасадай шақты.** б е й н. *Тілмен шымбайына тиді, сөзімен шымшып алды.*

**САРЫМОЙНАҚ: сарымойнақ мылтық.** к ө н е. *Мойнына сары жез жүргізген, жезбен мойнын қаптаған мылтық.*

**САРЫМИЯ** з а т. ө с. *Мия өсімдігінің гүлі сары түсті түрі.*

**САРЫМСАҚ** з а т. ө с. <лат. allium sativum> **1.** *Таудың тасты беткейлерінде жабайы өсетін, жеуге жарайтын ұзынша ақ сүйрігінің бірнеше қабат қызылт түсті қабығы бар жабайы өсімдік.* **2.** *Түйнекті (пиязшықты) басы мен іші қуыс көк сабағын тамақтың тұздығына қосуға, жеуге болатын ащы дәмді бақша дақылы, көкөніс; көк пияз.* **3.** *Түтік тәрізді ұзын сабағы жеуге жарамайтын, ал түбіндегі бірнеше бөлектен тұратын ақ сұр қабықты түйнектерін тамаққа, тұздыққа пайдаланатын ащы дәмді бақша дақылы; у пияз, қытай пияз, чеснок.*

**Сарымсақ еменшөбі.** ө с. <лат. teucrium scordia> *Биіктігі 10–25 см-дей, сұлама тамырсабағы болатын, тік өсетін қырлы сабағына шеті тілімденген қауырсынды жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, тостағанша жапырақшалары қоңырауға ұқсайтын, қос ерінді күлтесі ашық қызыл, сирек ақ түсті өсімдік.*

**САРЫМСАҚТА=** е т. *Бір нәрсеге сарымсақ қосу, араластыру.*

**САРЫМСАҚТАУ** *Сарымсақта етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫМСАҚТЫ** с ы н. *Сарымсақ өскен, сарымсағы көп.*

**САРЫМЫСЫҚ** з а т. э в ф. к ө н е. ***Арыстан.***

**САРЫН**[1] з а т. **1.** к ө н е. *Ән жанрының бірқалыпты дауыспен, ырғақпен айтылатын байырғы түрі.* **2.** м и ф. э т н. *Бақсының жынын шақырғанда қобызын, т.б. аспабын ойнап, қатты дауыспен салатын әнінің әуені.* **3.** *Әуен, саз; ырғақ, музыкалық аспаптың дыбысы.* **4.** а у ы с. *Қисын, ыңғай, желі, жоба.* **5.** а у ы с. *Бір нәрсенің белгісі, ізі, нобайы, нышаны.* **6.** а у ы с. *Нақыш, бедер, бағдар.*

**Сарын болды**. *Жыры болды, желеуіне айналды.* **Сарынға басты**. *Сарынын айтты, сарындады (бақсы туралы).* **Сарынға салды**. а) *Сарындады, сарынын айта бастады (бақсы туралы).* ә) *Басқаша бір бағытқа түсірді, ағысқа енгізді.*

**САРЫН**[2] з а т. *Сарылдаған дыбыс, ұн, шуыл, ызың.*

**САРЫНДА**[1] **=** е т. **1.** м и ф. э т н. *Бақсының жынын шақырып қобызын, т.б. аспабын ойнап, қатты дауыспен сарынына салуы.* **2.** *Белгілі бір сарынға салу, әуендету, әндету.* **3.** *Бір нәрсенің ұзын-ырғасын айтып беру, баяндау, хабарлау.*

**САРЫНДА**[2] = е т. *Құлаққа ызыңдаған дыбыс келу, сарын естілу.*

**САРЫНДА**[3] = е т. ж е р г. *Кезіп кету, аралау.*

**САРЫНДАМА** з а т. ә д е б. *Әдебиеттегі бос қиялға бой алдырған, романтикалық бағыт.*

**САРЫНДАМАЛЫҚ** с ы н. ә д е б. *Сарындама тән болған, романтикалық.*

**САРЫНДАМАШЫЛЫҚ** з а т. ә д е б. *Өнердегі, әдебиеттегі романтика.*

**САРЫНДАП** ү с т. *Әлсін-әлсін, әрең-әрең, зорға дегенде.*

**САРЫНДАС** с ы н. *Бір сарындағы, үндес; негіздес.*

**САРЫНДАСТЫҚ** з а т. *Үндестік, негіздес-тік; жақындық.*

**САРЫНДАТ**[1]**=** е т. м и ф. э т н. *Бақсының жынын шақырып қобызын, т.б. аспабын ойнатып, қатты дауыспен сарынға салуы.*

**САРЫНДАТ**[2]**=** е т. *Ызыңдату, сарылдаған дыбыс шығарту.*

**САРЫНДАТУ** *Сарындат етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫНДАУ** *Сарында етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫНДЫ** с ы н. **1.** *Бақсының сарынындай қатты айқайлаған.* **2.** *Сазды, әуенді, үнді (ән).* **3.** *Үндес, үйлес, негіздес (сөз).*

**САРЫНДЫЛЫҚ** з а т. *Саздылық, әуезділік.*

**САРЫОТ** з а т. ө с. *Биіктігі 25-120 см-дей, өзен, бұлақ, арық бойларында, тау беткейлерінде өсетін мыңжапырақтың бір түрі.*

**САРЫӨРІК** з а т. ө с. *Сары, тәтті шырынды, ортасында тұқымы бар жемісі үшін бақшада өсірілетін жеміс ағашы және оның жемісі.*

**САРЫП**[1] з а т. м е д. ***Ревматизм.***

**САРЫП**[2] з а т. в е т. м е д. <лат. brucellosis> *Қоздырғышы бруцеллез – суыққа төзімді, ыстыққа төзімсіз бактерия, малда болатын адамға малдан жұғатын жұқпалы ауру.*

**САРЫП**[3] з а т. в е т. <лат. necrobakteriosis> *Некробактериоз, үй және жабайы жануарлар мен құстардың жұқпалы ауруы.*

**САРЫП**[4]**: сарып қылды [етті].** а) *Түбіне дейін тауысты, түк қалдырмады.* ә) *Бар өмірін белгілі бір іске арнады, құрбан етті; жіберді, кетірді.*

**САРЫПӘШЕК** з а т. ө с. ж е р г. ***Арамсояу.***

**САРЫПСЫЗ** с ы н. ж е р г. *Үздіксіз, тоқтаусыз.*

**САРЫРАУШАН** з а т. ө с. <лат. solidago> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп-жылдық шөптесін өсімдіктер мен бұталар.*

**САРЫС=** е т. *Бірге сару.*

**САРЫСАБАҚ** з а т. ө с. *Түйе жейтін ащы шөптердің бірі.*

**САРЫСАҒАН** з а т. ө с. *Құмда өсетін, ұзындығы қарыстай, тікен тәрізді, жапырақсыз шөп.*

**САРЫСАДАҚ** з а т. ө с. <лат. salsola dendroides> *Алаботалар тұқымдамсына жататын, сортаң жерлерде өсетін шөптесін, бұтасын немесе шала бұтасын малазықтық өсімдік.*

**САРЫСАЗАН** з а т. ө с. <лат. halocnemum> *Алаботалар тұқымдасына жататын, сортаң топырақты, шөлді жерлерде, тұзды көлдердің жағалауларында өсетін өсімдік (шала бұта)*

**САРЫСАЛМА** з а т. ө с. с ө й л. ***Сарысолма.***

**САРЫСАСЫР** з а т. ө с. <лат. ferula> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдіктер.*

**САРЫСЕЛЕУ** з а т. ө с. *Селеу шөбінің түрі.*

**САРЫСОЗАҢ** з а т. ө с. *Сораң туысына жататын шөптесін өсімдік, ащыот.*

**САРЫСОЛМА**[1] з а т. в е т. *Жылқы ауруының бір түрі.*

**САРЫСОЛМА**[2] з а т. ө с. ***Сарысалма** (бозкілемнің бір түрі; құйдіргі бозкілем)*

**САРЫСОЯУ** з а т. ө с. <лат. xanthium> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫСУ** з а т. м е д. <грек. kystis> *Киста, әртүрлі патологиялық процестердің салдарынан тіндер мен органдарда пайда болатын қуыс.*

**САРЫСУСАР** з а т. з о о л. *Жүні сары түсті, терісі бағалы сусар түрі.*

**САРЫСҮЙЕК** с ы н. э т н. *Баяғыдан келе жатқан, ескі (құда).*

**Сарысүйек құда**. э т н. *Ұзақ уақыттан жалғасқан, неше атадан бері қыз беріп, қыз алысқан құдандалық дәстүрі.*

**САРЫТ**= е т. *Иткe зәр шығарту.*

**САРЫТАБАН** с ы н. **1.** *Ұзаққа, ұзақ жүріске шыдайтын, төзімді.* **2.** а у ы с. *Ысылған, әбден шыныққан, әккі.*

**Сарытабан ат**. *Ұзақ жүріске шыдайтын, төзімді, мықты ат.* **Сарытабан болды**. а) *Ұзақ жүрістен әбден сарсылды.* ә) *Әбден ысылды, шынықты, әккіленді.*

**САРЫТАҚЫМ** с ы н. *Ат үстінде жүруге әбден үйренген, мықты.*

**САРЫТАЛ** з а т. ө с. <лат. salix purpurea> *Сәмбіталдың бір түрі.*

**САРЫТОҒЫЗ: сарытоғыз бүркіт.** с а я т. *Әккі, кәнігі, қартамыс бүркіт.*

**САРЫТОҚАШ** з а т. ө с. с ө й л. ***Құлқайыр.***

**САРЫТОҚЫМ** с ы н. *Ат үстінде жүруге әбден әккіленіп алған.*

**Сарытоқым ұры**. *Ылғи ат үстінде жүретін, жүрісі суыт, әккі, қу ұры.*

**САРЫТОПЫРАҚ** з а т. г е о г р. *Қоңырсары немесе күңгірт түсті борпылдақ шөгінді.*

**САРЫТОРҒАЙ** з а т. з о о л. <лат. emberizidae> *Сұлыкештер сайрағыш торғайлар тұқымдасына жататын құс.*

**САРЫТӨСЕК: сарытөсек болды**. *Ауырғандықтан төсекте сарыжамбас болып, ұзақ жатты.*

**САРЫТУ** *Сарыт етістігінің қимыл атауы.*

**САРЫТҰҒЫР: сарытұғыр би**. *Әбден әккі болған, сөзден жеңілмейтін би.*

**САРЫТҰҢҒИЫҚ** з а т. ө с. <лат. nuphar> *Тұңғиық тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігі.*

**САРЫТҰСҚАРЫ** з а т. ө с. с ө й л. ***Сарытікен.***

**САРЫТҮЙМЕЛІ** с ы н. с ө й л. *Сары түймесі бар.* // т а р. с ө й л. *Патшалық Ресей өкіметінің қазақ даласын отарлау тұсында қазақтан сайланған билік иелерінің халық ішіндегі жалпы атауы [Ресейлік шен иелерінің киімдеріндегі сары түймелеріне байланысты аталады].*

**САРЫТҮЙМӨШ** з а т. с ө й л. *Қарағайдың домалақ сағызы.*

**САРЫТҮТІК** з а т. ө с. <лат. cancriniella> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**САРЫТЫШҚАН** з а т. з о о л. *Терісінің түсі сары, далалы жерді мекендейтін кеміргіш, сарышұнақ.*

**САРЫТІКЕН** з а т. ө с. <лат. horaninovia> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫУАЙЫМ** з а т. *Жанды жегідей жеген уайым, қайғы, қасірет.*

**Сарыуайымға салынды [түсті].** *Қайғыға түсті, қатты қайғырды, ұзақ уайымдады.* **Сарыуайым салды.** *Байбалам салды, «бәрі құрыдыға» салды, күн жаумай жатып су болды.*

**САРЫУАЙЫМШЫЛ** с ы н. *Уайымдай беретін, күйрек.*

**САРЫУАЙЫМШЫЛДЫҚ** з а т. *Болашаққа сенімсіздіктен туындайтын қайғы, бос алаңдаушылық, күйректік.*

**САРЫУЫЗ**[1] з а т. **1.** б и о л. *Жұмыртқаның ішіндегі сары түсті қоймалжың зат.* **2.** т а м а қ. *Құс жұмыртқасының ішінде ақ уызбен қоршалған қою сары бөлігі.*

**Сарыуыз қапшығы.** а н а т. *Іштегі ұрықтың дамуы кезінде маңызды қызмет атқаратын, ұрықтан тыс уақытша мүше.*

**САРЫУЫЗ**[2] з а т. **1.** *Төлдегеннен кейінгі сиырдың алғашқы қою сүті.* **2.** э т н. *Төлдеген малдың алғашқы қою сүтінен жасалатын тағам.*

**Сарыуыз сәби.** п о э т. *Анасының сүтін жаңа емген, дүниеге жаңа келген нәресте.*

**САРЫҮЙЕК** з а т. з о о л. *Сары түсті үлкен улы жылан.*

**САРЫҮРПЕК: сарыүрпек балапан**. а) *Құстың жаңадан жүні шығып келе жатқан балапаны.* ә) п о э т. *Сарыезу жас бала, сәби.*

**САРЫШ** з а т. з о о л. *Ұсақ зиянкес кеміргіштермен қоректенетін, жұптасып өмір сүретін жыртқыш қарақұс.*

**САРЫША** з а т. ө с. <лат. priontrihon> *Далалықтағы шөп.*

**САРЫШАҒЫЛ** з а т. с а я т. *Аңшылыққа үйретуге келмейтін, тұяқты, жыртқыш қарақұс.*

**САРЫШАБАҚ** з а т. з о о л. *Салмағы – 200 г, ұзындығы – 20 см ұсақ шабақтар.*

**САРЫШАЛАҢ** з а т. *Судағы түсі сары, ұзын құрақ шөптер.*

**САРЫШАТЫР** з а т. ө с. <лат. hieracim> *Дүниежүзінде мыңға жуық түрі белгілі күрделігүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САРЫШАЯН**[1] з а т. з о о л. <лат. scorpiones>. *Ұзындығы 1 см-ден 20 см-ге дейін жететін, денесі баскеуде және құрсақ бөлімдерден тұратын өрмекшітектестердің бір отряды.*

**САРЫШАЯН**[2] з а т. а с т р. <лат. Scorpius> *Аспан экваторынан оңға таман, Құсжолының ең әдемі бөлігіне орналасқан зодиактік шоқжұлдыз.*

**САРЫШЕКЕР** з а т. т а м а қ. ж е р г.. *Қантты қазанға қайнатып жасайтын тағам.*

**САРЫШЕШЕК** з а т. ө с. <лат. rhammatophyllum> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде бұта.*

**САРЫШОЛАҚ** з а т. ө с. <лат. sideritis> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын бір, көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде жартылай бұта.*

**САРЫШӨП** з а т. ө с. <лат. delphinium> *Малазықтық шөптесін өсімдік түрі.*

**САРЫШУДА** з а т. ө с. *Түйе жейтін құнарлы шөптің бір түрі.*

**САРЫШҰНАҚ** з а т. **1.** з о о л. <лат. citellus> *Кеміргіштер отряды, тиіндер тұқымдасының бір түрі.* **2.** *Ашық далалы, шөл, шөлейтті жерлерде тіршілік ететін, құлақ қалқаны кішірек, түсі қоңыр сары тышқан.*

**САРЫШҰНАҚША** ү с т. *Сарышұнақ тәрізді, сарышұнақ құсап.*

**САРЫШЫМШЫҚ**[1] з а т. з о о л. <лат. parus> *Құрт-құмырсқамен қоректенетін сары түсті кішкене торғай.*

**САРЫШЫМШЫҚ**[2] з а т. э т н. *Маусым айының орта шешінде өтетін жаз амалы.*

**САРЫШЫРМАУЫҚ** з а т. ө с. <лат. sideritis> *Арамсояу (жіңішке жіп сияқты сары түсті шырмауық, арамшөп).*

**САРЫШЫРПЫ** з а т. ө с. *Далалы жерде өсетін, қой сүйсініп жейтін шөптердің бір түрі.*

**САС: сас қалбыр.** ж е р г. *Бидай, арпа елейтін, үйіретін қалбыр.* **Сас табақ.** *Үлкен, толы табақ.*

**САС**= е т. **1.** *Не істерін білмеу, абдырау, абыр-жу, сасқалақтау, ешбір шешімге келе алмай, қозғала алмай қалу.* **2.** *Қорқу, сескену, үрейлену.* **3.** а у ы с. *Шаршау, барын салу, мұрнына су жетпеу; қиын, ауыр істерде жаны қиналу.* **4.** *Қатты ұялу, қатты қысылу, ұял-ғанынан не істерін білмей абдырап қалу.*

**Сасқан үйрек артымен сүңгиді**. *Қатты сасқан адам не iсерін білмей абыржып ерсі, ебедейсіз қылық жасайды.* **Сасып қалды.** *Не істерін білмей тұрып қалды.*

**САСАЙ** с ы н. **1.** *Күзгі күйек алу кезінде іске жарамай қалған (қошқар, теке, бұқа сияқты аталық мал туралы).* **2.** а у ы с. *Түкке жарағысыз.*

**Сасай болды.** ж е р г. *Жұмысқа жарамады.* **Сасай қалысы.** *Ақбөкендердің текебұрқылдақ кезінде аналықтарын бөліп алуға жарамай қалғандары.*

**САСКӨКЕК** з а т. с ө й л. ***Сасықкөкек*** *(бәбісек).*

**САСКӨКЕКТЕЙ** з а т. с ө й л. *Сасықкөкек сияқты.*

**САСКҮЗЕН** з а т. з о о л. <лат. mustelaeversmanni> *Далалы жерлерде мекендейтін кеміргіштер отрядына жататын аң, күзеннің бір түрі.*

**САСҚАЛАҚ** с ы н. *Сәл нәрсеге сасып қалатын, абдырағыш.*

**САСҚАЛАҚТА**= е т. **1.** *Не істерін білмеу, асып-сасу, абдырау.* **2.** *Есі шығу, қорқу, үрейлену.*

**САСҚАЛАҚТАҢҚЫРА**= е т. *Аздап асып-сасу, абдыраңқырау.*

**САСҚАЛАҚТАҢҚЫРАУ** *Сасқалақтаң-қыра етістігінің қимыл атауы.*

**САСҚАЛАҚТАС**= е т. *Әбіржісу, абдырасу.*

**САСҚАЛАҚТАСУ** *Сасқалақтас етістігінің қимыл атауы.*

**САСҚАЛАҚТАУ** *Сасқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**САСҚАЛАҚТЫҚ** з а т. *Асып-сасушылық, абдыраушылық.*

**САСҚАЛАҢ** з а т. *Сасқалақтаған күй.*

**САСПАҚ: саспақ теке.** с ө й л. *Бақылдауық теке.*

**САСТЫР**= е т. **1.** *Әбіржіту, абдырату.* **2.** *Қатты қиналту, жанын қыстау, қорқыту.*

**САСТЫРУ** *Састыр етістігінің қимыл атауы.*

**САСУ**[1] *Сас етістігінің қимыл атауы; абыржу.*

**САСУ**[2] *Сасы етістігінің қимыл атауы.*

**САСУШЫЛЫҚ** з а т. *Сасып қалғандық, абыржушылық,*

**САСЫ**= е т. **1.** *Бұзылу, шіру, иістену.* **2.** *Бір нәрсенің иісі шығу, жаман иіс сезілу; мүңку.*

**САСЫҚ**[1] с ы н. **1.** *Жағымсыз иісті, сасып кеткен, мүңкіген.* **2.** а у ы с. *Пасық, арам; жаман.* **3.** а у ы с. *Сиыр малына айтылатын ұрсу сөз.* // а у ы с. *Жағымсыз нәрсенің қылаңы, белгісі.* **4.** а у ы с. *Қажетсіз, керексіз.*

**Сасық ауыз**. а) *Әр нәрсені бір қоқырсытқыш, өсекшіл.* ә) *Жатып ішер, біреуді қанап күнелтетін арамтамақ.* **Сасық бай.** *Мал жиғаннан басқаны білмейтін, оның қызығын көрмейтін сараң, надан бай.* **Сасық кеуде.** *Адамдығы жоқ, қаранием, арам адам.* **Сасық қамал болды.** *Көп күн қатарынан жуынбады, бір жерден шықпай қамалып жатты.* **Сасық қолтық.** *Лас, салпыетек әйел, салақ қыз.* **Сасық қулық.** *Өз пайдасын ғана ойлаған ішкі есеп; арамзалық, арамдық.* **Сасық ми.** *Ойсыз, ақылсыз, надан.* **Сасық намыс.** *Өтірік намыс, бос көкіреккерушілік.* **Сасық теңіз.** с ө й л. *Суы борсыған, жаңармаған көл.*

**САСЫҚ**[2] з а т. ж е р г. э в ф. ***Қандала.***

**САСЫҚ**[3] з а т. ө с. ***Сасықсасыр.***

**САСЫҚ**[4] з а т. ө с. ***Сасықжуа.***

**САСЫҚ**[5]**...** *Өсімдік, жануарлардың күрделі атауларының улы, сасық, жеуге жарамсыз, пайдасыз деген сияқты мағыналарды үстеп тұратын бөлігі.*

**Сасық қандалашөп.** ө с. <лат. cimicifuga foetida> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын биіктігі 80–200 сантиметр, маусым-шілде айларында гүлдеп, жемісі шілде-тамызда пісетін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Сасық саңырауқұлақ.** ө с. *Жапырақты және қылқанды ормандарда өсетін, басы бұдыр, үлкенінікі жалпақ, түсі көкшіл немесе сарғыш, ортасы қара қоңыр, жұмсақ қатпарлы, сабағы ақ, түсі өзгермейтін саңырауқұлақтың түрі.*

**САСЫҚБАЛДЫРҒАН** з а т. ө с. *Таудағы өзектерге шығатын улы шөптің түрі, аюбалдырған.*

**САСЫҚГҮЛ** зат. өс. *Көпжылдық гүлді өсімдік, иісгүл.*

**САСЫҚЖУА** зат. өс. *Жуаның жеуге жарамайтын, иісі сасық түрі.*

**САСЫҚКЕКІРЕ** зат. өс. <лат. tournefortia> *Айлауық тұқымдасына жататын, бүтін жиекті, сағақсыз жапырағы кезектесіп орналасқан көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САСЫҚКӨКЕК** зат. зоол. <лат. upupa epops> *Төбесінде айдары бар, тұмсығы ұзын, сары шұбар жыл құсы; бәбісек.*

**САСЫҚКҮЗЕН** зат. зоол. <лат. mustela sibirica> *Күзеннің жүні сарғылт, қылшығы қызыл қоңыр, денесінен сасық иіс шығып тұратын түрі; дала күзені.*

**САСЫҚКҮЗЕНШЕ** үст. *Сасық күзенге ұқсап.*

**Сасыққүзенше шақылдады.** бейн. жағымсыз. *Айқайлады, қатты дауыспен зекірді.*

**САСЫҚҚАРА** зат. жерг. *Өзен жағасында, су бойында өсетін ағаш.*

**САСЫҚҚОҒА** зат. өс. *Солғын жасыл түсті гүлі бар, шашағы көп, сулы жерде өсетін, тамыры дәрілік қоға түрі.*

**САСЫҚҚОҢЫЗ** зат. зоол. <лат. blaps halophila> *Дене тұрқы 17–23 мм, қара түсті, қауіптенген кезде сасық иіс шығаратын қоңыз.*

**САСЫҚҚУРАЙ** зат. өс. **1.** <лат. dorema> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін эфемероидті өсімдіктер.* **2.** *Далалы жерлерде өсетін гүлі ақ, шатырша, жағымсыз иісі бар құрай.*

**САСЫҚМЕҢДУАНА** зат. өс. <лат. datura> *Алқа тұқымдасына жататын, дәрі-дәрмек ретінде көп қолданылатын, гүлі күлгін сары түсті біржылдық шөптесін, кейде бұта, улы өсімдік, меңдуананың бас айналдыратын өткір иісті түрі.*

**САСЫҚСАСЫР** өс. <лат. ferula foetida> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдік түрі.*

**САСЫҚТАБАН** зат. вет. *Жылқының тұяғы іріңдеп, сасып кететін ауру.*

**САСЫҚТАРАҚ** зат. өс. *Жағымсыз иісті өсімдіктердің бірі.*

**САСЫҚТАУ** сын. *Аздап сасыған, иістенген.*

**САСЫҚТҰМАУ** зат. мед. *Тұмаудың ауыр түрі, грипп.*

**САСЫҚТЫҚ** зат. *Сасып кеткендік, иістенгендік.*

**САСЫҚШӨП** зат. өс. <лат. leonurus> *Кішірек қызғылт гүлі бар, еріндігүлділер тұқымдасына жататын, екі не көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**САСЫҚШЫТЫР** зат. өс. *Шытырдың мал азығына жарамсыз, иісі жағымсыз түрі.*

**САСЫҢҚЫРА**[1]= ет. *Не істерін білмеу, абыржу, сасқалақтау.*

**САСЫҢҚЫРА**[2]= ет. *Аздап сасу, иістеніңкіреу.*

**САСЫҢҚЫРАУ**[1] *Сасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**САСЫҢҚЫРАУ**[2] *Сасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**САСЫП-ПЫС**= ет. **1.** *Асығып-сасу, сасып-абдыру.* **2.** *Мұрнына су жетпеу, мұрнынан шаншылу.*

**САСЫП-САБДЫРА**= ет. **1.** *Не істерін білмей абыржу, абдырып қалу.* **2.** *Асығып-сасу, асыққаннан есі шығып кету.*

**САСЫП-ПЫСУ** *Сасып-пыс етістігінің қимыл атауы.*

**САСЫП-САЛБЫРА**= ет. *Не істерін білмей, абыржу, абдырау, асып-сасу.*

**САСЫР** зат. **1.** өс. *Дәмі ашқылтым, әсіресе түйе сүйсініп жейтін, ащыот, малазықтық өсімдік, тікенді сораң.* **2.** биол. <лат. ferula> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдіктер туысы.*

**Сасыр бас.** сөйл. *Сасық, ақымақ, қуыс құрай (құдайсыз).*

**САСЫРЛЫ** сын. *Сасыры қалың өскен, сасыры бар.*

**САСЫРШӨП** зат. өс. <лат. peucedanum> *Шатыршагүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 50–80 сантиметр, маусым-шілде айларында гүлдеп, жемісі шілде-тамызда пісетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САСЫТ**= ет. **1.** *Борсыту, шіріту, иістендіру.* **2.** *Жағымсыз иіске алғызу, мүңкіту.*

**САСЫТУ** *Сасыт етістігінің қимыл атауы.*

**САТ** зат. *Араб әліпбиіндегі с әрпінің аталуы.*

**САТ**= ет. **1.** *Затты ақшаға, құнын төлеткізіп беру, өткізу.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Ауыстыру, айырбастау.* **3.** ауыс. *Құндау, бұлдау.* **4.** ауыс. *Өз пайдасы үшін біреуге опасыздық, сатқындық істеу.* **5.** *Сыртынан жамандау, сөз айту, өзін жақсы көрсету үшін көзі жоқта біреудің беделін түсіру.* **6.** ауыс. *Аз-аздап, үнемдеп пайдалану, қимай-қимай беру.*

**Сатып алды.** а) *Құнын төлеп, иеленді.* ә) *Пара беріп, істі өз пайдасына шешті.* б) *Оңай жолмен иеленді.* в) *Қызды қалыңмалын төлеп алды.* **Сатып алу.** а) *Құнын төлеп, иелену.* ә) *Пара беріп немесе басқа да құлық амалын тауып, істі өз пайдасына шешу.* б) *Оңай жолмен иелену.* **Сатып алушы бағасы.** экон. *Белгілі бір сәтте бағалы қағаз үшін кез келген адам төлеуге әзір ең көп баға.* **Сатып алушылық.** экон. *Сатып алушының сатылатын тауарды немесе қызмет түрін иеленушілік қабілеті.* **Сатып алған қатыны.** *Қалыңмалын төлеп, еріксіз алған әйелі.* **Сатып кетуші.** *Өз тобына, жақтастарына қарсы жаққа өтіп кету, пікірінен, ойынан айнушы адам.*

**САТАЛ** сын. *Сатпақ, кір, лас.*

**САТАЛА**= ет. *Сатал-сатал ету, ластау, былғау.*

**САТАЛА** сын. сөйл. ***Сатал, сатпақ.***

**САТАЛАН**= ет. *Сатал-сатал етілу, саталақ жағылу.*

**САТАЛАНУ** *Саталан етістігінің қимыл атауы.*

**САТАЛА-САТАЛА** сын. сөйл. ***Сатал-сатал.***

**САТАЛАУ** *Сатала етістігінің қимыл атауы.*

**САТАЛҒЫ** зат. кәс. *Қайысты ысып тазартуға арналған құрал.*

**САТАЛДА**= ет. *Сатпақтау, былғау, ластау.*

**САТАЛДАУ** *Саталда етістігінің қимыл атауы.*

**САТАЛ-САТАЛ** сын. *Кір-қожалақ, сауыс-сауыс.*

**САТАН** сын. *Бөтен-сатан қос сөзінің екінші сыңары.*

**САТАРМАН** зат. **1.** *Сатушы, дүкенші.* **2.** экон. *Қысқа мерзімді пайда алу үшін өзінің есебінен немесе қаржы органдарының есебінен бағалы қағаздарды сатып алушы немесе сатушы адам.*

**САТЕЛЛИТ**[1] [лат. saltelles] зат. геол. *Басты интрузиялық шоғырдан тарамдалған шағын интрузиялық дене.*

**САТЕЛЛИТ**[2] [лат. saltellites] зат. саяси. *Ресми түрде тәуелсіз, бірақ іс жүзінде басқаларға тәуелді мемлекет.*

**САТИПА** зат. жерг. *Әйелдер киетін жеңі шолақ сырт киім; камзол.*

**САТИРА** [лат. satira] зат. әдеб. **1.** *Құбылысты, оқиғаны немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі және осы тәсілмен жазылған көркем шығарма.* **2.** *Әзіл-сықақ, күлкі, мысқыл, келеке; юмор.*

**САТИРАЛЫ** сын. *Сатира араласқан; күлкілі, мысқылды.*

**САТИРАЛЫҚ** сын. **1.** әдеб. *Сатира жанрында жазылған.* **2.** *Әзіл-сықақ араласқан, күлкілі, ажуалы.*

**Сатиралық ертегі.** әдеб. *Мысқыл мен сықаққа негізделген ауыз әдебиетінің көне жанры.*

**САТИРАШЫ** зат. *Шығармасын сатира жанрында жазатын жазушы, сықақшы.*

**САТИРИК** зат. *Сатира жанрында еңбек етуші, сықақшы.*

**САТҚАҚ** зат. **1.** мед. *Асқынған іш өту ауруы; тышқақ, дизентерия.* **2.** қарап. *Тышқақ деген мағынадағы ұрсу сөз.*

**Сатқақ келгір!** қарғ. *Тышқақ болып ауырғыр деген мағынадағы қарғыс.* **Сатқақ ұрғандай.** а) *Көзі кіртиген, азып-тозған, жүдеген.* ә) *Кір, лас, сатал-сатал.*

**САТҚАҚ-САТҚАҚ** сын. сөйл. ***Сатал-сатал.***

**САТҚЫЗ**= ет. *Затты ақшаға өткіздіру, құнын төлетіп алғызу.*

**САТҚЫЗУ** *Сатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**САТҚЫН** сын. *Өзіне қымбат асыл құндылықтарды, өзін жақсы көретін адамдарын, т.с. дүниеге, жеке мүддесіне т.б. бола айырбастап кететін опасыз, арсыз. // Сатқын адам. // Отанының, елінің мүддесінен жеке басын жоғары қойған, ел-жұртын сол үшін сатып кеткен ахлақсыз адам.*

**САТҚЫНДЫҚ** зат. *Сатып кеткендік, опасыздық.*

**САТҚЫНШЫЛЫҚ** зат. *Сатып кетушілік, опасыз болушылық.*

**САТҚЫШ** сын. **1.** *Бір нәрсені сататын, сата беретін.* **2.** сөйл. *Сатқын, опасыз.*

**САТҚЫШТЫҚ** зат. *Сатқындық, опасыздық.*

**САТПАҚ** сын. *Кір-қожалақ, лас. // Кірдің сатала дақтары.*

**САТПАҚ-САТПАҚ** сын. *Кір-қожалақ, лас, кір-кір, сатал-сатал.*

**САТПАҚТА**= ет. *Сатпақ-сатпақ ету, ластау, былғау.*

**САТПАҚТАЛ**= ет. *Сатпақ-сатпақ етілу, былғану.*

**САТПАҚТАЛУ** *Сатпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**САТПАҚТАН** = ет. *Сатпақ-сатпақ болу, былғану.*

**САТПАҚТАНУ** *Сатпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**САТПАҚТАУ** *Сатпақта етістігінің қимыл атауы.*

**САТТАР** сын. ескікіт. *Қорғаушы, пана.*

**САТТЫҚ** сын. жерг. *Сататын, сатуға арналған.*

**САТТЫР**= ет. *Затты ақшаға, құнының төленіне өткіздіру, саудалаттыру.*

**САТТЫРУ** *Саттыр етістігінің қимыл атауы.*

**САТУ** *Сат етістігінің қимыл атауы.*

**Сату орны.** *Сауда жасау рұқсат етілген арнайы ғимараттар мен орынжайлар.*

**САТУЛЫ** сын. *Есепке құралған, ақылы; сатылатын.*

**САТУРАТОР** [лат. saturator]. зат. тамақ. **1.** *Сұйықты көмір қышқыл газымен (мыс, сал-қындатқыш сусындар әзірлеген кезде суды көміртек диоксидімен) қанықтыратын аппарат.* **2.** *Қант өндірісінде бос әкті кетіру үшін қант шырынын көміртек диоксидімен өңдеуге арналған аппарат.*

**САТУРАЦИЯЛАУ**= ет. хим. *Сұйықтықтарды көміртек диоксидімен немесе ауамен қанықтыру.*

**САТУРН** [лат. saturnus] зат. астр. *Көк бозат, Күн жүйесіндегі ірі ғаламшарлардың бірі.*

**САТУРНИЗМ** [лат. saturnus] зат. экол. *Адамдардың қорғасынмен созылмалы улануы.*

**САТУСЫЗ** сын. **1.** *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* **2.** *Бұлдаусыз, құндаусыз.*

**САТУШЫ** зат. **1.** *Сауда орындарында зат сататын, соған маманданған адам; дүкенші.* **2.** *Бір нәрсені сатқан, сататын адам; саудагер.* **3.** экон. *Сауда-тауар қатынасында тауарды немесе қандай да бір қызмет түрін құнын төлеген жаққа өткізуші, соның меншігіне беруші жақ.* **4.** ауыс. *Сатқын болушы, сатқындық жасаушы.* **5.** жағымсыз. *Алыпсатар, саудакеш.*

**Сатушы бағасы.** экон. *Сол уақыттағы сатушының бағалы қағазды сатуға келіскен ең аз бағасы.*

**САТУШЫЛЫҚ** зат. *Сауда қызметкері болушылық, дүкеншілік.*

**САТЫ** зат. **1.** *Үйге кіреберісе, қабаттардың арасына жоғары көтерілу немесе төмен түсу үшін жасалған баспалдақ.* **2.** *Үйдің төбесіне, қораның үстіне шығуға арналған, екі таянышы бар саты ағаш.* **3.** *Баспалдақтың біркелкі қалыппен жасалған әрбір басқышы, текпішек.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің даму, өсу, өту дәуірі кезеңі.* **5.** *Деңгей, дәреже.* **6.** ауыс. *Атақ, шен.* **7.** жерг. ***Өре.*** **8.** жерг. *Арбаның қанаты.*

**Саты басқыш.** *Тепкіншекті баспалдақ.*

**САТЫЛ=** ет. **1.** *Заттың ақшаға, құнының төлеміне өткізілуі, саудалануы.* **2.** ауыс. *Жеке басының пайдасы үшін жолдастарына, еліне опасыздық жасау; сатқын болу.* **3.** жағымсыз. *Айырбасталу, ауыстырылу.*

**САТЫЛМАЙТЫН** сын. *Саудаға салынбайтын, құндылығы заттық дүниемен өлшенбейтін асыл.*

**САТЫЛА=** ет. *Біртіндеу, бірте-бірте өсу, бірінен кейін біріне өту.*

**Сатылай оқыту.** пед. *Тіл үйретудегі деңгейлеп оқыту әдісі.*

**САТЫЛАП** үст. *Жүйелі түрде, біріздікпен.*

**САТЫЛАН=** ет. *Саты-саты болу.*

**САТЫЛАНДЫР=** ет.*Сатымен жалғастыру.*

**САТЫЛАНДЫРУ** *Сатыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫЛАНУ** *Сатылан етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫЛАС** сын. *Бірізді, бір-біріне біртіндеп өтіп жататын.*

**Сатылас еңбек бөлінісі.** экон. *Жұмыстың құрамдас бөліктерін орындау (басқару мен өндіру) үшін, күш-жігерді бөліп, үйлестіру.* **Сатылас маркетингілік жүйе.** экон. *Өндірушінің, көтерме саудамен айналысатын бір немесе бірнеше саудагердің және бөлшек саудамен айналысатын бір немесе бірнеше саудагердің бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істейтін жиынтығы.*

**САТЫЛАУ[1]** зат. сушар. *Еңістігі үлкен тау беткейіндегі жерлерді суару үшін жерді сатылап тегістеу арқылы пайдалану түрі.*

**САТЫЛАУ[1]** *Сатыла етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫЛҒЫШ** сын. *Сатылып кеткіш, сатқын.*

**САТЫЛҒЫШТЫҚ** зат. *Сатылып кеткіштік, опасыздық.*

**САТЫЛУ** *Сатыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақысын, құнын төлегеннің меншігіне өткізілу.* **2.** ауыс. жағымсыз. *Пайда көру үшін сол пайдаға бола айырбасталу.* **3.** ауыс. *Біреулердің мүддесін параға бола қорғау.*

**САТЫЛЫ** сын. **1.** *Бірнеше сатыдан тұратын, сатысы бар.* **2.** ауыс. *Бірнеше деңгейлі.*

**Сатылы арба.** жерг. *Қалқанды арба.* **Сатылы байыту.** кен. *Кенде бағалы минералдардың біркелкі сепкілді болмауымен байланысты жиі қолданылатын байыту әдісі.* **Сатылы будандастыру.** малшар. *Селекциялық процестерде бірнеше ата тектік формалардың қасиеттері мен белгілерін біртіндеп буданды ұрпаққа жинақтау.* **Сатылы ұсату.** кен. *Кенді ұнтақтау алдында ірі, орта және ұсақ ұсату процесі.*

**САТЫЛЫЛЫҚ** зат. *Сатылы болғандық, реттілік.*

**САТЫМДЫҚ** сын. *Сатылатын, сататын; сатын.*

**САТЫМСАҚ** сын. *Сатылған, сатқын, арсыз.*

**САТЫН** сын. *Сататын, сатылатын, сатуға арналған.*

**САТЫН=** ет. сөйл. **1.** *Өз-өзінен сату.* **2.** *Бұлдау, саудалау.*

**САТЫНДЫ** сын. сөйл. *Сатқын, опасыз.*

**САТЫНУ** *Сатын етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫР** елік. *Құрғақ, қатты заттың сын-ғанында, екі ұзын заттың соғылысқанында немесе бір заттың екпінмен екінші затты жанай соғылғанында және т.с.с шығатын, қатты жаңғырықты қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Сатыр ете қалды [етті].** *Сытырға қарағанда әлдеқайда қатты, жаңғырығы күшті, қысқа дыбыс естілді, шықты.*

**САТЫР-КҮТІР** елік. *Кезектесіп келген сатыр еткен ашық және күтір еткен сәл солғын күрделі қатты дыбысты білдіретін сөз.*

**Сатыр-күтір етті [ете қалды].** *Сатырлап, күтірледі.*

**САТЫРЛА=** ет. *Сатыр-сатыр еткен дыбыс шығу.*

**САТЫРЛАС=** ет. *Сатыр-сатыр еткен дыбыс шығарысу.*

**САТЫРЛАСУ** *Сатырлас етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫРЛАТ=** ет. *Сатыр-сатыр еткен дыбыс шығарту.*

**САТЫРЛАТУ** *Сатырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫРЛАУ** *Сатырла етістігінің қимыл атауы.*

**САТЫРЛАУЫҚ** сын. *Сатыр-сатыр еткен дыбыс шығарғыш.*

**САТЫР-САТЫР** елік. *Құрғақ, қатты заттың сынғанында, екі ұзын заттың соғы-лысқанында немесе бір заттың екпінмен екінші затты жанай соғылғанында және т.с.с. шыға-тын қатты жаңғырықты, күрделі қайталанба дыбысты білдіретін сөз.*

**САТЫР-СҰТЫР** елік. *Кезектесіп келген қатты сатыр еткен ашық және сұтыр еткен қысаң күрделі жаңғырықты, дыбысты білдіретін сөз.*

**Сатыр-сұтыр етті.** *Кезектесіп келген қатты сатыр еткен ашық және сұтыр еткен қысаң күрделі жаңғырық дыбыс шықты.*

**САТЫС** = ет. *Бірге сату, бірге сауда жасау.*

**САТЫС** сын. *Сатылатын, сататын.*

**САТЫСУ** *Сатыс етістігінің қимыл атауы.*

**САУ[1]** сын. *Сынғақ емес, июге шыдамды бұй-ра қайыңның, қызыл қайыңның сипаты.*

**Сау қайыңның безіндей** поэт. *Жас қыздың жұп-жұмыр, әдемі төсі туралы.*

**САУ[2]** сын. **1.** *Дін аман, он екі мүшесі бүтін.* **2.** *Ауру-сырқаусыз, саламатты, денсаулығы жақсы.* **3.** ауыс. *Бүтін, зақымданбаған, сынбаған (зат туралы).* **4.** ауыс. *Ақыл-есі дұрыс, есінен адаспаған.* **5.** ауыс. *Мас емес, ішімдіктің әсеріне түспеген.* **6.** ауыс. *Тірі, көзі тірі, тіршілік етіп жүрген, өмір сүріп жүрген.* **7.** *Таза, дұрыс, адал, оң. // Денсаулығы жақсы, саламатты, ауру-сырқаусыз адам. // Дені дұрыс, іс-қылығы жағымды, ойдағыға сай келетін адам. // Қол-аяғы, он екі мүшесі бүтін адам.*

**Сау аяңдатты.** *Бірқалыпты жүріске салды.* **Сау басына сақина тіледі [салды].** *Өзіне өзі істеді, өзіне-өзі қиындық тудырып алды.* **Сау басынан дау кетпеді.** көне. *Жазықсыз кісінің жанжал-шатаққа душар болуы туралы айтылады.* **Сау басын саудаға салды**. *Дау-шатаққа өзін-өзі іліктірді, әлек тілеп алды.* **Сау бол.** этн. а) *Аман-есен жүр, қош деген мағынада қоштасқанда айтылатын тілек, әдеп сөз.* ә) жерг. *Рақмет деген мағынада ризашылығын білдіргенде айтылатын тілек, әдеп сөз.* **Сау желді**. *Ат бірқалыпты, шоқырақсыз екпінді жүріске түсті.* **Сау желіс.** *Аттың бірқалыпты, шоқырақсыз екпінді жүрісі.* **Сау қалды**. *Аман қалды, жолы болып құтылып кетті.* **Сау қалмады.** *Жасамай қоймады, болмай қоймады, үйтпегенде көңілі көншімеді.* **Сау сиырдың боғы емес**. *Анау-мынаудан тегін емес, құр емес; қатысы бар.* **Сау тамтығы жоқ [қалмады].** *Тоз-тоз болып, дал-дал шыққан, бүтін жері қалмаған.* **Сау-тамтық жоқ.** *Дымы қалмады, парша-паршасы шықты.*

**САУ[3]** елік. *Судың, сұйықтың құйылғанда шығаратын қысқа дыбысына ұқсас дыбыстар-ды білдіретін сөз.*

**Сау ете түсті [қалды].** а) *Тұтқиылдан пайда бола қалды.* ә) *Бұрқ ете түсті.* **Сау етті.** *Су, сұйық құйылғанда шығатын қысқа дыбыс естілді.*

**САУ=** ет. **1.** *Сауын малдан сүт шығару үшін емшекті саумалап тарту.* **2.** ауыс. *Кәсіп ету.*

**Сауар көбейсін!** этн. *Мал сауып жатқан кісіге айтылатын ізгі тілек.*

**САУАЛ** зат. *Көптен бері көкейінде жүрген, жауап таба алмай жүрген сұрақ.*

**Сауал артты.** *Сұрақ қойғызды.* **Сауал жастану**. *Ішінен бір нәрсеге жауап іздеп ойлану.* **Сауал салды.** *Сұраққа жауап іздетті.*

**САУАЛАТ** зат. көне. *Тергеу, сұраққа алушылық.*

**Сауалат салды.** көне. *Тергеуге алды, сұраққа алды.*

**САУАЛДА=** ет. *Қайта-қайта сұрағыштау.*

**САУАЛДАМА** зат. кіт. ***Сауалнама.***

**САУАЛДАМАЛАУ** зат. қоғ.-әлеум. *Маркетингілік зерттеуде клиенттердің пікірін сауалнама арқылы сұрап білу әдісі.*

**САУАЛДАНУШЫ** зат. әлеум. *Сауалнамаға жауап беруші.*

**САУАЛДАС=** ет. *Сұрақ қойысу.*

**САУАЛДАСУ** *Сауалдас етістігінің қимыл атауы.*

**САУАЛДАУ** *Сауалда етістігінің қимыл атауы.*

**САУАЛНАМА** зат. **1.** әлеум. *Ақпарат алу үшін белгілі бір әлеуметтік топ немесе ұжымға қойылатын, алдын ала әзірленген сұрақтардың жиынтығы, кешені, сұрақтар жүйесіне жауап алуды көздейтін сауалпарақ.* **2.** псих. *Вербалдық қатынас негізінде бастапқы әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық ақпарат алуға арналған әдістемелік құрал.*

**Сауалнамаға жауап беруші.** әлеум. <ағыл. respondent> *Зерттеу жұмысына сұрақтарға жауап беруші ретінде қатысушы адам, сауалданушы.* **Сауалнама жүргізу.** әлеум. *Сауалнама парағын тарату арқылы керек мәліметтерді жинау.* **Сауалнама парағы.** әлеум. ***Сауалпарақ.***

**САУАЛПАРАҚ** зат. әлеум. <франц. enguete> *Белгілі бір бағдарламамен немесе нысанмен жасалған сұраққа жауап арқылы мәлімет жинау парағы, берілген сұрақтарға алынған жауаптар жазу парағы, сауалнама парағы.*

**САУАП** зат. **1.** діни. *Ислам дінінде жасалған игілікті іс, ғибадат үшін Алла тағала тарапынан берілетін сый.* **2.** діни. филос. *Ислам дініндегі обалға қарама-қарсы, ізгі, игі, адал, оң іс, амал-ниеттерді білдіретін маңызды категория.* **3.** *Игілікті, жақсы іс үшін тиетін шапағат.*

**Сауабын алды.** а) діни. *Игілікті іс, ғибадаты үшін Алла тағаланың сыйын алды, ризашылығына бөленді.* ә) *Жақсылық іс істеп, алғысқа бөленді.* **Сауабына қалды**. *Жақсылық жасап, алғысын алды.* **Сауап болды.** а) діни. *Жақсы әрекеті үшін пендесіне Алланың шарапаты тиді.* ә) сөйл. жағымсыз. *Өзіне сол керек, жазаң осы деген мағынада.* **Сауап жинады**. діни. *Игілікті іс, ғибадаттар мен жақсы амалдар жасап, Алланың сүйікті құлы болуға, шапағатына бөленуге тырысып бақты.* **Сауап тапты.** діни. *Сауапты іс, амал жасады.*

**САУАПТЫ** сын. **1.** діни. *Ислам дінінде Алла тағала тарапынан берілетін сыйға лайықты, ізгі.* **2.** *Дұрыс, игілікті, жақсы.*

**Сауапты іс.** *Алла Тағаланы еске алу, Құран шығару, қажылыққа бару, сүннетерді орындау, ата-анасын сыйлау сияқты мұсылман шарты.*

**САУАПШЫЛЫҚ** зат. **1**. діни. *Алла тағала тарапынан берілетін сыйға лайықты, адал, оң, ізгі амал, ниет, іс жасаушылық.* **2.** *Оң, игі іс жасаушылық.*

**САУАР** зат. ескікіт. *Ат үстінде жүру, салт атты.*

**САУАТ** зат. **1.** *Оқып-жаза білетіндік, хат танығандық.* **2.** ауыс. *Біліктілік, өнер т.б. сол сияқты адамның біліп алған, үйренген нәрселері, сауаттылық.*

**Сауат ашты.** а) *Хат таныды, бастапқы білімдер алды.* ә) *Хабардар етті, көзін ашты, білмегенін жете түсіндірді.* **Сауаты ашылды**. *Ой-өрісі, білімі, түсінігі кеңіді.* **Сауаты бар**. а) *Сауатты, сауат ашқан, хат танитын.* ә) *Хабары, білім-біліктілігі бар, қолынан келетін.*

**Сауатын ашушы.** *Бір сала бойынша білімнің негізін қалаушы.*

**САУАТҚАН** зат. жерг. *Шала молда.*

**САУАТСЫЗ** сын. **1.** *Хат танымайтын, жазу-сызуды білмейтін, оқымаған. // Жүйелі білім алып оқымаған, хат танымайтын адам.* **2.** *Қате, дұрыс емес.* **3.** *Хабары жоқ, білімсіз, қараңғы.*

**САУАТСЫЗДАУ** сын. **1.** *Шаласауаттылау, шорқақтау.* **2.** *Хабары шамалылау, білімсіздеу.*

**САУАТСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Хат танымаушылық, оқымағандық, қараңғылық.* **2.** *Білімі таяздық, шорқақтық.*

**Сауатсыздықты жою.** тар. *Кеңес өкіметінде жалпы бұқараның сауатын көтеру бағытында жүргізілген жалпыға бірдей орта білім алуды міндеттейтін іс-шаралар кешені.*

**САУАТТАН=** ет. **1.** *Хат тану, жазу-сызуды үйрену, білім алу.* **2.** ауыс. *Жөн-жобаны түсініп, үйрену.* **3.** ауыс. *Өнерін арттыру, шеберлігін көтеру.*

**САУАТТАНДЫР=** ет. **1.** *Жазу-сызуға үйрету, алғашқы білім беру, хат таныту, сауатын ашу.* **2.** *Білім алдыру, оқыту, білім-біліктілік, түсінігін жетілдіру.*

**САУАТТАНДЫРУ** *Сауаттандыр етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Хат таныту, сауатын ашу.* **2.** *Білім беру, білімін көтеру, хабардар ету.*

**САУАТТАНУ** *Сауаттан етістігінің қимыл атауы; хат тану.*

**САУАТТЫ** сын. **1.** *Дұрыс оқып, дұрыс жаза білетін, орта білімі бар.* **2.** *Істің мән-жайын білетін, көп нәрседен хабардар, білікті (адам).* **3.** *Жан-жақты, кең әрі дәл (білім).* **4.** *Мүлтіксіз, қатесіз жазылған.* **5.** *Көзі ашық, заманауи білім алған, заманынан қалмаған.* **6.** ауыс. *Тиімді, ұтымды, іске жарарлықтай.* **7.** ауыс. *Өмірден түйгені мол, өнегелі, өмір мектебінен өткен.*

**САУАТТЫЛАУ** сын. *Сауаты бар, қате аз жіберетін.*

**САУАТТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Хат тани білетіндік.* **2.** *Әр жайдан хабары барлық, білім-біліктілігі болушылық.*

**САУАТТЫРАҚ** сын. сөйл. ***Сауаттылау***.

**САУАШ: сауаш қылу.** *Соғыс қылу.*

**САУГЕРШІЛІК** зат. *Жаугершілікке қарама-қарсы тату-тәтті, бейбіт қарым-қатынас, өмір.*

**САУҒА** зат. **1.** этн. *Соғыстан түскен олжадан не ауланған аңнан берілетін сый.* **2.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы асырау-шысы жоқтарға, кемтарларға соғыстан, аңшы-лықтан түскен олжадан берілетін көмек, жәрдем.* **3.** этн. *Байырғы қазақ қоғамында қалыптасқан жеңілген жауынгердің немесе тұтқынның сұрап алған бас бостандығы, бас амандығы.* **4.** этн. *Бас амандығын сұраушылық.* **5.** ауыс. *Жәрдемақы, мақсатты төлем.* **6.** ауыс. *Бір жолға қи, маған бер, араша деген мағынадағы сөз.*

**Сауғаға берді.** этн. *Түскен олжадан сый берді.* **Сауғаға сұрады.** этн. *Тұтқынның жанына араша болды, босатуын тіледі.* **Сауға сұрады.** этн. *Жорықтан, аңшылықтан түскен олжадан тиесілі үлесін сұрады.* **Сауға сұрау.** этн. *Бас амандығын, бостандығын арашалау немесе жорықтан, аңшылықтан түскен олжадан тиесілі үлесін сұрау.*

**САУҒАЛА=** ет. **1.** этн. *Байырғы қазақ қоғамында қалыптасқан жеңілген жауынгердің немесе тұтқынға түскен адамның өз өміріне бостандық сұрап алуы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені пана етіп, қорғаштану, сақтану.*

**САУҒАЛАН=** ет. *Сауғаға берілу.*

**САУҒАЛАНУ** *Сауғалан етістігінің қимыл атауы.*

**САУҒАЛАУ** *Сауғала етістігінің қимыл атауы; пана табу.*

**САУҒАШЫ** зат. этн. *Түскен олжадан сый алуға құқықты адам.*

**САУҒЫЗ=** ет. *Сауын малынан сүт шығару үшін саумалату, саудыру.*

**САУҒЫЗДЫР=** ет. *Сауын малынан сүт шығару үшін саумалату, саудырғызу.*

**САУҒЫЗДЫРУ** *Сауғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**САУҒЫЗУ** *Сауғыз етістігінің қимыл атауы.*

**САУДА**[1] зат. **1.** *Затты сату мен сатып алу әрекеті.* **2.** экон. *Тауарларды сатып алу-сату арқылы өткізетін ұлттық шаруашылық саласы.* **3.** экон. *Қандай да бір тауарды өткізуге бағытталған немесе өткізу жолына қарай ерекшеленетін бір арнасы.* **4.** ауыс. *Базар, базарда сауда қызатын демалыс күн.* **5.** ауыс. *Өзара айтыс, тартыс, бәсекелескен жайт.*

**Сауда автоматы.** тамақ. *Дара өнімдерді, тауарларды адам көмегінсіз сатуға арналған автоматты қондырғы.* **Сауда айналымы.** экон. *Сауда нысандарының қозғалысы.* **Сауда алаңы.** экон. *Сауда-саттық жүргізілетін жер телімі.* **Сауда балансы.** экон. *Белгілі бір уақыт кезеңіндегі тауарлар экспорты мен импорты бойынша түсімдер мен төлемдердің арасалмағы.* **Сауда банкі.** экон. *Халықаралық сауданы қаржыландыруға мамандандырылған және сауда операциялары мен басқа да коммерциялық операциялар жүзеге асырылатын елдер туралы едәуір көлемде ақпараты бар банк.* **Сауда бұйымдары.** *Көтерме бағамен алынып, сатуға арналған заттар.* **Сауда білмес**. *Сауда-саттыққа икемі жоқ, сауда жасай алмайтын.* Сауда керуені. *Сауда қатынастары, сауда жолы.* **Саудаға айналдырды**. *Бәрін сатуға, сатып алуға болады деп ойлады, саудаға салды.* **Саудаға барды**. *Саудалауына келісті, басын сатылатын заттай саудаға салуға қарсыласпады.* **Саудаға салды**. *Сатпақшы болды, саудалады, пайдаға айырбастамақшы болды.* ә) *Сөз қылды, әңгіме етті, жариялады.* **Саудаға салынды.** *Сауда-саттыққа берілді, сатылды.* **Саудаға түсті.** *Сатылды, ақысына берілді.* **Саудаға шорқақ.** *Сауда жасауға икемсіз, сауда-саттықтың жолын білмейтін.* **Сауда ғұрыпы.** экон. *Сауда саласында нақты іс жүзіндегі қатынастардың тұрақты немесе бір жолғы қайталануы негізінде қалыптасқан қағида.* **Саудадағы пұрсаттылықтар.** экон. *Мемлекет екінші бір мемлекетке өзара тиімділік негізінде немесе біржақты түрде беретін сауда-саяси режімдегі жеңілдіктер.* **Сауда делдалдығы.** экон. *Тауарды сатушы мен сатып алушы арасында мәміле жасасуға жәрдемдесу немесе сатушы мен сатып алу-шының мүдделері үшін үшінші бір адамның тапсыруы бойынша мәміле жасасу.* **Сауда жабдықтары.** экон. *Сауда мекемелерінде қолданылатын техникалық құралдар жиынтығы.* **Сауда жарысы**. *Қандай да бір заттарды, дүние-мүлікті жоғары бағаға сату, аукцион.* **Сауда жасады.** *Саудамен шұғылданды.* **Сауда жолы**. экон. *Сауда керуендері жүретін, сауда-саттыққа шыққан тауарды таситын көліктер өтетін жол.* **Сауда Имам Ағзам болсын**. діни. көне. тілек. *Сауда адал, таза, әділ жүрсін, берекетін берсін деген тілек сөз.* **Сауда капиталы.** экон. *Капиталдың сауда операцияларын жүргізуге маманданған ерекше түрі.* **Сауда каталогы.** экон. *Тұтынушының дүкенге кірмей-ақ, іс жүзінде, қажет нәрсенің бәрін сатып алуына мүмкіндік беретін бөлшек сауда нысандарының бірі.* **Сауда күсет болды.** *Саудасы жақсы жүрді, табысты болды.* **Сауда күсет болсын**. тілек. а) *Сауда жасап тұрған адамға қарата айтылатын сауда сәтті, базар пұлды болсын деген мағынадағы тілек.* ә) *Іс сәтті, пайдалы, табысты болсын деген мағынадағы тілек.* **Сауда қарым-қатынасы**. экон. *Қандай да бір екі ел, мекеме, заңды тұлғалар арасындағы саудаға негізделіп, заңмен реттелетін қатынас түрі.* **Сауда қасат болды.** *Сауда жүрді, сәтті болды.* **Сауда құқығы.** экон. *Кейбір елдердегі азаматтық құқықтың тауар айналымы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін бөлігі.* **Сауда қылды**. *Сауда жасады, пұлына зат берді, ақысына зат сатып алды.* **Сауда маркасы [таңбасы].** экон. *Саудамен айналысатын мекеменің, кәсіпорынның белгісі.* **Сауда нарығы.** экон. *Сауда-саттық бәсекесі; экономиканың сауда-саттық саласы.* **Сауда нүктесі.** *Сауда жасайтын орын.* **Сауда өнімі.** экон. *Сауда қызметкерлерінің тауар айналысы саласында тауарларды тасып жеткізумен және босатумен, сақтаумен және өңдеумен, сұрыптаумен, өлшеумен, буып-түюмен байланысты еңбегінің нәтижесі.* **Саудаңыз жансын!** тілек. *Сауда жасап тұрған адамға айтылатын базар пұлды болсын мағынадағы тілек сөз.* **Сауда орны**. *Сауда жасалатын немесе осыған рұқсат етілген орын-жай; сауда орталығы.* **Сауда орталығы.** а) экон. *Құрамына дүкендер, қоғамдық тамақтандыру орындарымен қатар, халыққа тұрмыстық және басқа да қызмет көрсету мекемелері кіретін сауда қызметінің бір телімге орналасқан, бір-бірімен өзара байланыста болатын кәсіпорындарының біртұтас кешені.* ә) *Белгілі бір аймақтағы үлкен сауда жасау орнына айналған елді мекен.* **Сауда патенті.** экон. *Белгілі бір нақты өнеркәсіп өнімімен, жекелеген бұйымдармен немесе тауарлармен сауда жасауға құқық беретін және осы бұйымдармен, тауарлармен немесе өніммен сауда жасау жөніндегі ерекше құқықты куәландыратын құжат.* **Сауда психологиясы.** псих. *Саудаға қатысатын адамдардың жан дүниесін, мұқтаждығын, қызығуын, мақсаттарын зерттейтін психология ғылымының саласы.* **Сауда статистикасы.** экон. *Тауарлардың айналысы аясындағы жаппай үдерістер мен құбылыстарды зерделейтін статистика саласы.* **Саудасы біткен саудагер.** бейн. *Шаруасы біткен, жағдайы нашарлаған, күйі кеткен адам.* **Саудасы біткен саудагердей.** бейн. *Шаруасы біткен, жағдайы нашарлаған, күйі болмай отырған адамдай.* **Саудасы бітті [шешілді].** *Шаруасы бітті, жағдайы нашарлады.* **Саудасы сынды**. *Саудасы жүрмеді, шығынға ұшырады.* **Сауда талаптары.** экон. *Халықаралық саудадағы экспорттық және импорттық бағаның арасалмағы.* **Сауда тосқауылы.** экон. *Елдер арасында тауарлар мен қызмет көрсетулердің еркін айырбасын жасанды түрде шектеуге бағытталған және ішкі рынокты шетел бәсекесінен қорғау мақсатын көздейтін мемлекеттік экономикалық саясат шараларының жиынтығы.* **Сауда тізілімі.** экон. *Шетелдерде заңды тұлға тіркелетін мемлекеттік тізілім.* **Сауда үйі.** экон. а) *Ірі сауда ұйымының үлгісі.* ә) *Меншікті шоты есебінен немесе өндірушінің, тұтынушының немесе белгілі бір тауармен сауда жасаумен шұғылданып жүрген басқа адамдардың шоты есебінен негізінен нақты тауар жөнінде мәміле жасасумен айналысатын делдалдық фирма.* б) *Ірі сауда дүкені.* **Сауда үстелімі.** экон. *Тауарлардың сату және сатып алу құнының арасындағы айырма.* **Сауда үстемесі.** экон. *Тауарды сатумен және осы операциялардан пайда алумен байланысты жұмсаған шығындарын өтеу үшін қосылатын халыққа тауарды (өнімді) өткізу кезінде сауда кәсіпорындары немесе басқа кәсіпорындар белгілейтін үстеме.* **Сауда шарттары.** экон. *Халықаралық сауда статистикасында экспорттың орташа бағасы индексінің импорттың орташа бағасы индексіне қатынасын көрсететін индекс бойынша есептеп шығарылатын халықаралық саудадағы экспорттық және импорттық бағаның арасалмағы.* **Сауда шегерімі.** экон. *Тауардың бөлшек сауда бағасының айналыс шығынын өтеу және пайда құралу үшін сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының қарамағында қалған бөлігі.*

**САУДА**[2] зат. көне. **1.** *Қатты құмар-тұшылық, махаббат.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, ыңдық.*

**САУДА**[3] зат. *Ой, көңіл, ой ағымы.*

**САУДАГЕР** зат. **1.** тар. *Ерте кезде сауда-саттықпен айналысу арқылы ел-ел арасындағы және ел ішіндегі сауда-саттық қатынасты орнатқан, сол арқылы күн көрген қоғамдық-әлеуметтік топ өкілі.* **2.** *Жоғары білікті сауда қызметкері, сауда маманы.* **3.** *Саудадан хабары бар, саудаға икемді адам.* **4.** жағымсыз. *Арзанды қымбатқа сатып күн көретін адам, алыпсатар.* **5.** ауыс. *Жолаушы, азығын жолдан*

*тауып жүрген пенде.* **6.** ауыс. *Бәрін саудаға салатын, пайдақұмар.*

**Саудагерлер клубы**. тар. *Өткен ғасырдың басында болған әлеуметтік топ ретіндегі саудагерлердің қоғамдық ұйымы.* **Саудагерін жүргізді**. *Өз елінен басқа елге, елді мекендерге саудагерлер жіберіп, сауда-саттық қатынас орнатты.*

**САУДАГЕРДЕЙ** сын. *Саудагер сияқты, саудагер тәрізді.*

**САУДАГЕРЛІК** зат. **1.** *Саудамен айналысушылық, саудагер болушылық.* **2.** *Алғанын қымбатқа сататын алыпсатарлық, өз пайдасын ғана көздеушілік.*

**Саудагерлік жасады.** *Сауда жасады, сауда-саттықпен айналысты.*

**САУДАГЕР-КӨПЕС** зат. тар. *Орта Азиядағы және Ресейдегі саудамен айналысатын әлеуметтік топ өкілдері.*

**САУДАГЕРШІЛІК** зат. сөйл. *Саудагерлік, пайда көздеушілік, сауда-саттық.*

**САУДА-ДЕЛДАЛДЫҚ** сын. экон. *Саудаға және делдалдыққа қатысты.*

**Сауда-делдалдық операциялар.** экон. *Экспортшының немесе импортшының тапсыруы бойынша жасасқан шарт немесе бір жолғы тапсырма негізінде оларға тәуелсіз делдал-фирмалар жасайтын іс-әрекет.*

**САУДАДОС** зат. ескікіт. көне. *Саудадағы серіктес адам.*

**САУДАЙЫ** сын. көне. *Алаңғасар, нақұрыс, есі ауған. // Әйел көрсе есі ауып кеткен, аңғалақ адам.*

**САУДАЙЫЛЫҚ** зат. *Тентектік, ақымақтық.*

**САУДА-КЕҢСЕЛІК** сын. *Саудаға және кеңсеге арналған.*

**САУДАКЕШ** зат. *Ұсақ-түйек сататын алыпсатар.*

**САУДАКЕШТЕЙ** сын. *Саудакеш сияқты, саудакеш тәрізді.*

**САУДАҚ** зат. өс. *Шөлді жерде өсетін сабағы түзу, бұтақты сүттігеннің бір түрі.*

**САУДАЛА**= ет. **1.** *Затты сатып алу не сату үшін бағасына келісу.* **2.** *Саудамен айналысып, затты ақысына өткізу.* **3.** ауыс. *Саудаға салу, арын сату, өзіне пайдалы затқа айырбастап жіберу; опасыздық, сатқындық жасау.*

**САУДАЛАН**= ет. *Сатып алыну, саудамен алыну, өткізілу.*

**САУДАЛАНУ** *Саудалан етістігінің қимыл атауы.*

**САУДАЛАС**= ет. **1.** *Сатылатын заттың бағасын кесісу, сауданың шарттарын келісу.* **2.** ауыс. *Сөз жарыстыру, сөзге таласу.*

**САУДАЛАСУ** *Саудалас етістігінің қимыл атауы, баға кесісу.*

**САУДАЛАТ**= ет. *Сауда жасату.*

**САУДАЛАТУ** *Саудалат етістігінің қимыл атауы.*

**САУДАЛАУ** *Саудала етістігінің қимыл атауы, сауда жасау.*

**САУДА-ОПЕРАЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Саудаға қатысты және операциялар түріндегі.*

**Сауда-операциялық тиімділік.** экон. *Мәмілені мүмкіндігінше азайту арқылы айырбас-ты белгіленген көлемде жасау мүмкіндігі.*

**САУДА-ӨНЕРКӘСІП** зат. экон. *Сауда және өнеркәсіп. // Саудаға және өнеркәсіпке қатысты.*

**САУДА-ӨТКІЗУ** сын. экон. *Саудаға және сол арқылы тауарды өткізуге қатысты.*

**САУДА-САТТЫҚ** зат. **1.** *Сатып алу-сату сияқты алыс-беріс.* **2.** экон. *Сатып алушы сатушылар үшін тауарға байқау жариялайтын белгілі бір техникалық-экономикалық сипаттамалары бар тауарды сатып алу нысаны.* **3.** экон. *Тауарды сатып алу-сату арқылы өткізетін қандай да бір елдің, елді мекеннің шаруашылық саласы.*

**Сауда-саттық келісімі.** экон. *Тендер мен аукцион арқылы қол жеткізілетін мүліктік мәміленің бір түрі.* **Сауда-саттық қылды**. *Сауда жасады, сатып алып, сату арқылы пайда табумен айналысты.*

**САУДАХАНА** зат. көне. *Сауда орталығы.*

**САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. экон. *Саудаға әрі экономикаға қатысты.*

**САУДЫР** елік. *Құрғақ, жұқа т.б. заттың басқа затқа жанасқанда, соғылғанда, үйкелгенде шығаратын қысқа дыбысын білдіретін сөз.*

**Саудыр еткізді**. *Құрғақ, жұқа т.б. затты басқа затқа жанатып, соққызып, үйкелтіп қысқа дыбыс шығартты, саудырлатты.* **Саудыр етті**. *Құрғақ, жұқа т.б. зат басқа затқа жанасқанда, соғылғанда, үйкелгенде қысқа дыбыс шығарды, саудырлады.*

**САУДЫР=** ет. *Сауын малынан сүт шығару үшін желінін тартып, сауғызу.*

**САУДЫРА=** ет. **1.** *Саудыр-саудыр ету, қаудырлау.* **2.** *Кеуіп кету, құрғап, қатып-семіп қалу.* **3.** ауыс. *Құр сүлдері қалу, қартайып, сүйегі құрау.* **4.** ауыс. *Қаусау, босап, қауқары кету, ескіру, тозып, ширу.* **5.** ауыс. *Аңқылдау, ақкөңілдену.*

**САУДЫРАҚ** сын. *Қаудыр-қаудыр еткен, қаудырақ.*

**САУДЫРАТ=** ет. *Саудыр-саудыр еткізу, қаудырлату.*

**САУДЫРАТУ** *Саудырат етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫРАУ** *Саудыра етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫРЛА=** ет. **1.** *Қалдыр-құлдыр ету, қаудырлау.* **2.** ауыс. *Салдырлау, дабырлау.*

**САУДЫРЛАҚ** сын. *Салдырлақ, дабырлақ.*

**САУДЫРЛАТ=** ет. *Саудыр-саудыр еткізу, қаудырлату.*

**САУДЫРЛАТУ** *Саудырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫРЛАУ** *Саудырла етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫР-САДАҚ** сын. *Аққөңіл, аңқылдаған, салдырлақ.*

**САУДЫРТ=** ет. *Біреуге сауғызу.*

**САУДЫРТУ** *Саудырт етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫРУ** *Саудыр етістігінің қимыл атауы.*

**САУДЫРЫС=** ет. *Біреуге саууысу.*

**САУДЫРЫСУ** *Саудырыс етістігінің қимыл атауы.*

**САУИЯ** зат. ескі кіт. *Сана, ес.*

**САУҚАТ** зат. **1.** этн. *Бір жақтан заттай күйінде жіберілетін сәлемдеме.* **2.** көне. *Соғыстан түскен олжа.*

**САУҚЫМ** зат. көне. ескі кіт. ***Сәукім.***

**Сауқым салды**. көне. ескі кіт. ***Сәукім салды.***

**САУҚЫТ** зат. ескікіт. ***Сауқат.***

**САУЛА=** ет. **1.** *Заулап ағу, құйылып кету, төгіліп түсу.* **2.** ауыс. *Жөңкіліп есіп, жетіп келу.*

**САУЛАМА** зат. жерг. *Түтіндігі тік салынған қазандық пеш.*

**САУЛАТ=** ет. **1.** *Заулап аққызу, құйылтып жіберу.* **2.** ауыс. *Төгілту, құйқылжыту.*

**САУЛАТУ** *Саулат етістігінің қимыл атауы.*

**САУЛАУ** *Саула етістігінің қимыл атауы.*

**САУЛЫ** сын. сөйл. ***Сауын.***

**Саулы іңгендей.** бейн. *Сауын іңген сияқтанып, саулы іңгенге ұқсап.* **Саулы іңгендей аңырады.** фольк. *Ботасын сағынған іңгеннің дауысындай зарлы үн шығарды.*

**САУЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Екі немесе үш жасар, қоздайтын ұрғашы қой.* **2.** сөйл. *Қойдан басқа малдың немесе жануардың ұрғашысы деген мағынада.*

**Саулық қой.** *Үш жастан асқан, қоздаған қой.*

**САУЛЫҚ**[2] зат. **1.** *Ауру-сырқаудан аман-есендік, ден тазалығы.* **2.** *Аман-есендік, аман, тірі жүргендік.*

**Саулық берсін**. тілек. *Аман болыңыз, тірі жүріңіз, деніңіз сау болсын деген мағынадағы тілек сөз.* **Саулық сұрау**. *Амандасу, аман-есендігін білу сияқты күні бойына алғаш рет көріп тұрған немесе арнайы кездескен адамыңа ізет білдіру әдебінің бірі.* **Саулық үшін көтерді**. *Еуропа, батыс елдерінің мас қылатын сусындар ішу әдебі бойынша, денсаулық үшін тост көтеріп, құйылған арақ, шарабынан ұрттап ішті.*

**САУМ** зат. діни. *Ислам дініндегі ораза.*

**САУМА** зат. *Жаңа сауылған, суымаған сиыр сүті.*

**САУМАЛ** зат. этн. *Әлі аши қоймаған бие сүті. // Суы дәмді, суы тұздылау, ашқылтым. //* поэт. *Жаңа сауған қымыздай, мөлдір, шипалы, бұрқыраған, аңқыған, көпіршік атқан (су, өзен, бұлақ). //* поэт. *Тұнық, жұпар, таза.*

**Саумал бұлақ.** *Таза, мөлдір, суы шипалы бұлақ.*

**САУМАЛА=** ет. **1.** *Арқан, таспа я жіпті сығымдап, сырып тарту, берік етіп бекіту.* – **2.** ауыс. *Ептеп орағытып, қақпайлау.*

**САУМАЛАТ=** ет. *Сығымдату, сырғыштату.*

**САУМАЛАТУ** *Саумалат етістігінің қимыл атауы.*

**САУМАЛАУ** *Саумала етістігінің қимыл атауы.*

**САУМАЛДАН=** ет. *Сығымдалып, сырылып тартылу.*

**САУМАЛДАНУ** *Саумалдан етістігінің қимыл атауы.*

**САУМАЛДАУ** сын. *Шала ашыған.*

**САУМАЛДЫҚ** зат. өс. **1.** <лат. oxalis> *Саумалдық тұқымдас көпжылдық, кейбір тұқымдары біржылдық шөптесін өсімдіктер, ара-тұра жартылай бұталар.* **2.** *Жемісі қауашақ не жидек тәрізді, дәмі жағымды қышқыл тағамдық өсімдік.*

**САУМАЛДЫҚТАР** зат. бот. <лат. oxalidaceae> *Шөптесін, бұта, бұташық, ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**САУМАЛШЫҚ** зат. өс. ***Қызсаумалдық.***

**САУМАЛЫҚ** зат. этн. *Дәстүрлі Наурыз мейрамында өлеңмен айтылатын ізгі тілек.*

**САУНА** [фин. sauna] зат. тұрмыс. *Ыстық құрғақ ауалы бу камерасымен жабдықталған фин моншасы.*

**САУНДБЛАСТЕР** [ағыл. sound blaster]. зат. инф. *Дыбыстық карта, дыбыстық сигналды файлға жазуға, кейін оны қайта ойнатуға мүмкіндік беретін электрондық құрылғы.*

**САУНДТРЕК** [ағыл. soundtrack] зат. муз. *Фильм, мультфильм, компьютерлік ойын сияқты қандай да бір материалдың музыкалық безендірілуі, осы материалға арналып жазылған музыка, ән.*

**САУСАҚ** зат. **1.** *Қол басының алақанға қосылған салалы бес бөлігі.* **2.** анат. <лат. digitus> *Адамның және омыртқалы жануарлардың қол-аяқтарының басындағы шағын түтік тәрізді сүйектерден тұратын салалы сүйектері.* **3.** саят. *Қыран құстың тұяқтары орналасқан аяғының басы.*

**Саусағы ақ жамбының күмісіндей.** поэт. *Сұлу қыздың әдемі аппақ саусағы туралы.* **Саусағын қанатты.** миф. *Бір нәрсенің шалығынан сақтану үшін көне наным бойынша денесінен қан шығарды.* **Саусағын созды [жайды]**. *Бір нәрсеге араласуға, істеуге ұмтылды, сұранды, ниет білдірді.* **Саусағын сорған баладай.** бейн. *Жоқ нәрсеге алданған, өзін-өзі алдаған, бос қиялға берілген адамдай.* **Саусағынан бал тамған**. *Асқан өнерлі, бесаспап, шебер.* **Саусағының салымы бар.** *Он саусағынан өнер тамған, қолы шебер.* **Саусағының ізін қалдырмады**. бейн. *Ым-жымын білдірмеді, басқан ізін сездірмеді.* **Саусақ басты**. бейн. *Шертті, саусақтарымен ойнады.* **Саусақ мұз**. жерг. *Жұқа мұз.* **Саусақпен санарлық [санағандай]**. *Өте аз, біраз ғана.* **Саусақпен санарлықтай [санағандай, санауға болады]**. *Көп емес, шамалы ғана.* **Саусақтары алтыннан көрінбеді**. *Бес саусағына да алтын сақина тағынды, алтынға малынды.* **Саусақтары жорғалады**. поэт. *Домбыраның құлағында ойнады, шертісі көз іліктірмеді.* **Саусақтары тартқан сымша [сымдай]**. поэт. *Саусақтары түп-түзу, салалы.*

**САУСАҚАЙ** зат. экспр. **1.** *Еркелете айтылған кішкентай баланың саусағы.* **2.** *Шынашақ.*

**САУСАҚГҮЛ** зат. өс. *Сабағы жуанду, көпжылдық гүлді өсімдік.*

**САУСАҚҚАЛЫП** зат. кәс. *Зергерлік сайман.*

**САУСАҚҚАНАТТЫ: саусаққанатты балықтар.** зоол. <лат. crossopterygii> *Девон мен таскөмір кезеңдерінің аралығында кеңінен таралған, ұзындығы 7 см-ден 5 м-ге дейін жететін сүйекті балықтардың класс тармағы.*

**САУСАҚҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат.crossopterygiomorpha> *Саусаққанатты ба-лықтардың инфракласы.*

**САУСАҚТАЙ** сын. *Саусақ сияқты, саусақ тәрізді (мөлшері адамның саусағының қа-лыңдығындай).*

**САУСАҚТЫ** сын. < лат. digitalis>*Саусағы бар.*

**САУСАҚСАЛАЛЫ** сын. бот. *Тарам-тарам болып бірнеше салаға бөлінген.*

**САУ-САЛАМАТ** үст. ескікіт. ***Сау-сәлемет*** *(ауру-сырқаудан аман, басы бүтін).*

**САУСАН** зат. өс. ***Лалагүл.***

**САУ-САУ³** елік. *Судың, сұйықтың құйылғанда шығаратын ұзақ дыбысына ұқсас дыбыстарды бейнелейтін сөз.*

**Сау-сау етті**. *Су, сұйық құйылғанда шығатын ұзақ дыбыс естілді.*

**САУ-СӘЛЕМЕТ** үст. *Жағдайы жақсы, аман-есен, есен-сау.*

**САУ-СӘЛЕМЕТТІК** зат. *Жалпы аман-есендік, есен-саулық.*

**САУСЫЛДА=** ет. **1.** *Біріне-бірі қақтығысу, сеңдей соғылысу.* **2.** *Қатты жүру, сауылдау.* **3.** *Самсау, қаптау.*

**САУСЫЛДАТ=** ет. *Қаптату, самсату.*

**САУСЫЛДАТУ** *Саусылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САУСЫЛДАУ** *Саусылда етістігінің қимыл атауы.*

**САУ-ТАМТЫҚ: сау-тамтық жоқ**. *Бүтін, жараланбаған, бұзылмаған, сынбаған, аман қалған жері жоқ.*

**Сау-тамтығы қалмады.** *Алба-жұлбасы, дал-далы шықты, бүтін жері қалмады.*

**САУУ** *Сау етістігінің қимыл атауы.*

**САУУЛЫ** сын. *Саулы, сауын.*

**САУШЫЛЫҚ** зат. *Ауру-сырқаудан амандық, ден тазалығы.*

**САУЫҒУ** *Сауық етістігінің қимыл атауы; ауруынан айығып кету.*

**САУЫЗДА=** ет. *Сауыстау, сауыс қылу.*

**САУЫЗДАУ** *Сауызда етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫҚ** зат. **1.** *Ойын-тамаша жасап, көңіл көтеретін думанды жиын-той.* **2.** *Қызықты, көңіл көтеретін ойын.* **3.** ***Сауық кеші.*** **4.** ауыс. *Думанды, көңілді уақыт, қызықты шақ.*

**Сауық болды**. *Өнерімен көптің көңілін көтерер қызығы болды.* **Сауық кеші**. *Кешке болатын ойын-сауық, жастар отырысы.* **Сауық қашты**. *Қызығы кетті, қызықсыз болып қалды.* **Сауық құрды**. а) *Серуендеді, сайрандады.* ә) *Көңіл көтерді, уақытын қызықты өткізді.*

**САУЫҚ=** ет. *Ауру-сырқаттан, дерттен айығу, жазылу.*

**САУЫҚ-ДУМАН** зат. *Ырду-дырдулы ойын-той, тамаша.*

**САУЫҚЖАЙ** зат. окказ. ***Мейрамхана.***

**САУЫҚҚОЙ** сын. *Ойын-тойды, думанды жақсы көретін, тамашашыл, өнерпаз.*

**САУЫҚҚОЙЛЫҚ** зат. *Думанды тамашаны, ойын-тойды жақсы көретіндік.*

**САУЫҚҚҰМАР** сын. *Сауықшыл, думан-тойды жақсы көретін, тамашашыл.*

**САУЫҚМА** зат. *Ойын-сауық, ырду-дырду аңдыған, тойдан шықпайтын жеңілтек адам.*

**САУЫҚ-САЙРАН** зат. *Қызығы мол, дырдулы той-думан.*

**Сауық-сайранға бөледі.** *Қызық-тамашаға толтырды, көңілді етті.* **Сауық-сайран кешті**. а) *Үнемі қызықта, той-жиындарда жүрді, думандатты.* ә) *Қызықты күндерді басынан өткізді.* **Сауық-сайран қалды**. *Қызықты, думанды күндер өтіп кетті, дәурен өтті.* **Сауық-сайран салды**. а) *Думандатты, тойлатты, уақытын көңілді өткізді.* ә) *Шалқыды, еркінсіді, ойсыз жүрді.*

**САУЫҚ-САЙРАНШЫЛ** сын. *Ойын-күлкі, той-думанды ұнататын, тамашашыл.*

**САУЫҚ-САЙРАНШЫЛЫҚ** зат. *Сауық-сайран құрушылық.*

**САУЫҚТА=** ет. *Ойын-тамаша құрып, сайрандау.*

**САУЫҚТАМА**: **сауықтама ауыз әдебиеті.** әдеб. *Әдет-ғұрыптық ауыз әдебиеті жанрларының жиынтық атауы.*

**САУЫҚ-ТАМАША** зат. *Думан-той, сауық-сайран.*

**САУЫҚТАУ** *Сауықта етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫҚТЫР¹=** ет. *Ауруынан емдеп жазу.*

**САУЫҚТЫР²=** ет. *Сауық, серуен құрғызу.*

**САУЫҚТЫРҒЫШ** сын. *Ем жасағыш.*

**САУЫҚТЫРМА** зат. экон. <лат. sanatio> *Фирмалардың ықтимал банкроттығын болдырмау мақсатымен несиелендіру, қайта құру, әртараптандыру т.б. арқылы жүзеге асырылатын қаржы-шаруашылық шаралар жүйесі.*

**САУЫҚТЫРУ¹** зат. **1.** экон. <лат. sanatio> *Ірі кәсіпорындарды, банктерді банкроттан сақтау және қаржы жөнінен жеңілдіктер беру үшін мемлекеттің немесе аса ірі банктердің көмегімен жүзеге асырылатын шаралардың жүйесі.* **2.** экон. *Балансты өзгерту, яғни пайданы бөлу есебі бекітілгеннен кейін пайда сомасын есепті жылға қатысты бөлікте есептен шығару.* **3.** <лат. recreatio> *Күштерді қалпына келтіру, адамдардың демалуы, өзінің жұмыстан бос уа-қытын өткізуі.*

**САУЫҚТЫРУ²** *Сауықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**Сауықтыру қызметтері.** тұрмыс. *Адамдардың денсаулығын сауықтыруға арналған қызметтер.* **Сауықтыру мақсатындағы сутоғандары.** сушар. *Табиғи емдік факторға ие, сондай-ақ алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы су тоғандар.* **Сауықтыру туризмі.** *Табиғи ауа райы қолайлы, денсаулыққа тигізетін әсері пайдалы жерде демалу мақсатымен туристік саяхат-сапар және жорықтар жасау.*

**САУЫҚХАНА** зат. сөйл. *Сауықтыру орындары, шипажай.*

**САУЫҚШЫ** зат. *Той-думаншы, ойын-тамашашы адам. // Сауықшыл, той-думанды ұнататын.*

**САУЫҚШЫЛ** сын. *Той-думаншыл, қызыққұмар, тамашашыл.*

**САУЫҚШЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Ойын-тамашаға құмартқыштық, той-думанға қызыққыштық.* **2.** *Әуесқойлық, сауыққұмарлық, дырду-думанға салынушылық.*

**САУЫҚХАНА** зат. окказ. *Құмар ойыны ойналатын жай.*

**САУЫЛ=** ет. *Саумаланып сүт алыну.*

**Сауылмай жіберілді.** малшар. *Жемге байланбай, енесін еркін еміп өскен құлынға қатысты айтылады.*

**САУЫЛДА=** ет. **1.** *Саулап құйылу, төгілу, сау-сау ету.* **2.** *Саусылдау, жапырлап қаптап келу.*

**САУЫЛДАЙ** сын. сөйл. ***Сойылдай.***

**САУЫЛДАС=** ет. *Саусылдасу, жапырлап қаптап келісу.*

**САУЫЛДАСУ** *Сауылдас етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫЛДАТ=** ет. **1.** *Сау-сау еткізу.* **2.** *Саусылдату, қаптату.*

**САУЫЛДАТУ** *Сауылдат етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫЛДАУ** *Сауылда етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫЛУ** *Сауыл етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫМ¹** зат. *Сауын малдан таңертеңгілік, кешке және кейде түсте сүт сауатын мезгіл, уақыт.*

**САУЫМ²** зат. сөйл. ***Сауын*** *(сауын айту туралы).*

**САУЫМ³** зат. малшар. *Сауып алынған сүт мөлшері.*

**САУЫМСЫЗ** сын. *Сауылмайтын.*

**САУЫН¹** зат. **1.** *Сүт беретін, сауылатын мал.* **2.** *Сүт сауып алу мерзімі.* **3.** этн. *Байырғы қазақ қоғамындағы дәстүр бойынша, ауқаттылардың малы аз жақын ағайындары мен кедейлерге сүтін пайдалансын деп белгілі бір уақытқа берген құлынды бие немесе бұзаулы сиыр, қой-ешкісі.*

**Сауын беру.** этн. *Байырғы қазақ дәстүрі бойынша, ауқатты байлар өзінің малы аз жақын ағайындары мен кедейлерге сүтін пайдалансын деп белгілі бір уақытқа дейін құлынды бие немесе бұзаулы сиыр, кейде қой-ешкісін беруі.* **Сауын берді.** этн. *Сүтін пайдалану үшін құлынды бие немесе бұзаулы сиыр, қой-ешкі берді.* **Сауын бие.** *Сүт беретін, сауылатын бие.* **Сауын бұлт.** поэт. *Жаңбыр әкелетін бұлт.* **Сауын мал.** а) *Сүті сауылатын мал.* ә) этн. *Ежелгі қазақ дәстүрі бойынша, ауқаттылардың жағдайы төмендерге сүтін пайдалануға берген малы.* **Сауын сауды**. *Сауын алып, сонымен күнелтті, сауынға мал сұрады.* **Сауын сиыр.** *Сауылатын сиыр.* **Сауыны иіді**. *Ет жүрегі елжіреді, риза болды.* **Сауыны келді**. *Сауатын мезгілі жетіп, желіні сүтке толды.*

**САУЫН²** зат. этн. *Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беруді білдіретін қазақ салтының рәсімі [Сауын айтылған жақ сол үлкен жиынға өз үлесін, өз қатысын көрсетуге тиіс болған, сондықтан сауын кез келген адамға емес, жағдайы бар ауқаттыларға, беделді, белділерге айтылатын, ал олар сол жиынға өз үлестерін әкелетін].*

**Сауын айтты**. а) *Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар берді.* ә) *Жорық, аттаныс жайында алдын ала елге хабар берді.* б) *Жұртқа жария салып, жағдайын айтты.* **Сауын айту.** этн. а) *Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беру түріндегі қазақтың ежелден келе жатқан халықтық ғұрпы.* ә) *Жорық, аттаныс жайында алдын ала елге хабар беру түріндегі дәстүрлі қазақ қоғамындағы ғұрып.*

**САУЫНДА=** ет. жерг. *Орған тарыны бауламай,бос жиып тастау.*

**САУЫНДАУ** *Сауында етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫНДЫҚ** зат. этн. *Сауынға берілген мал. // Сауып ішуге лайық.*

**САУЫНҚАҒАЗ** зат. *Үлкен асқа шақырып, сауын айтылған шақыру қағазы.*

**САУЫНШЫ¹** зат. *Мал саумен шұғылданатын кәсіп иесі.*

**САУЫНШЫ²** зат. этн. *Ел-елді аралап алдын ала хабар айтып, үлкен асқа шақырушы адам.*

**САУЫНШЫЛЫҚ** зат. *Мал саумен шұғылданушылық.*

**САУЫР¹** зат. **1.** *Малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.* **2.** *Малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің дәмді әрі майлы болатын еті.* **3.** анат. *Адамның бел омыртқасынан құйымшағына дейінгі артқы тұсы.* **4.** *Малдың белдеме жон, сан үсті терісінен жасалатын былғарының қалың түрі.* **5.** ауыс. *Көкорай шүйгіні мол, шұрайлы, құнарлы жер.* **6.** ауыс. *Жер бедерінің ойлы-дөңесті жерлерінің немесе кең жазықтың үстіңгі жағы.* **7.** ауыс. *Бір нәрсенің негізі, тірегі.* **8.** ауыс. *Ел ішіндегі беделді, белді, дәулетті адам.* **9.** ауыс. *Жуан сауыр, бай, өктем әлеуметтік топ өкілі.*

**Сауыр айналды.** жерг. *Қоныс аударды.* **Сауырда [сауырынан] су төгілмес жорға.** бейн. *Сауыры жайпақ, жорға жүрісті мықты аттың сыны.* **Сауыр ет**. *Мал сойғанда малдың сан жіліктерінен бөлініп алынған жұмсақ әрі дәмді құйымшақ еті.* **Сауыр етіктің табаны талда**. бейн. *Қанша берік былғарыдан болса да, табансыз етік болмайды деген мағынада.* **Сауырсы бұзылмады.** *Сауырсы мықты, берік болды.* **Сауыры ашыды.** *Қатты қынжылды, қиналды.* **Сауыры езілді**. *Іштей елжіреді, жаны ашыды.* **Сауыры майға бөкті.** *Семірді, күтімі жақсы болды.* **Сауырын алғызды**. *Соққы көріп, беті қайтты.* **Сауырын**

сипады. *Жеңіл-желпі сөйлеп, шығарып салды.* **Сауырын ұстатпады [сипатпады]**. *Жеткізбеді, жолатпады, жақындатпады.* **Сауырына қамшы тиді.** *Өмір, тұрмыс қысымшылығын көрді, тауқымет тартты.* **Сауырынан басты [басып жүрді].** *Таңдап, іріктеп алды.* **Сауырынан бит домалап түскендей**. бейн. *Ірі әрі семіз (мал).* **Сауырынан бит домалаған.** *Ауқатты, бай; семіз.* **Сауырынан су төгілмес жорғадай.** Жүрісі өте жайлы, жақсы желетін.

**САУЫРАҒАШ** зат. сөйл. ***Сауыраша.***

**САУЫРАРША** зат. өс. <лат. cupressus> *Кипарис тұқымдасына жататын, сабақтары бүйраланған бүршікті, хош иісті, қызғылт түсті мәңгі жасыл ағаштың бір түрі.*

**САУЫРДАЙ** сын. *Сауыр сияқты, сауыр тәрізді.*

**САУЫРЛА=** ет. **1.** *Көлікті шу-шулеп қамшы не шыбықпен сауырдан ала тартып-тартып қалу.* **2.** *Айғырдың өзге жылқыны сауырынан тістелеуі.* **3.** ауыс. *Біреудің қыр соңына түсіп, қудалау.* **4.** ауыс. *Сыртынан көмкеріп әшекейлеу.*

**САУЫРЛАН=** ет. *Өзге жылқыны сауырынан тістелеу.*

**САУЫРЛАНУ** *Сауырлан етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫРЛАТ=** ет. *Аттың сауырына қамшы бастыру.*

**САУЫРЛАТУ** *Сауырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫРЛАУ** *Сауырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлікті шу-шулап қамшы не шыбықпен сауырдан тартып қалу.* **2.** *Айғырдың өзге жылқыны сауырынан тістелеуі.*

**Сауыс сұрау.**

**САУЫРЛЫ** сын. *Сауыры кең, жалпақ.*

**САУЫРЛЫҚ** зат. көне. ***Сауыр.***

**САУЫРСЫН** зат. көне. ***Сауыр.*** **1.** *Малдың жотасынан құйымшағына дейінгі арқасының үстіңгі жағы.* **2.** ауыс. *Көкорай шүйгіні мол, шұрайлы, құнарлы жер.*

**Сауырсын бедеу.** көне. *Батырлар мінген мықты әрі жүйрік ат.* **Сауырсын төңкерілген қазандай**. бейн. *Сауыры кең, болаттай берік жүйрік аттың сыны.*

**САУЫРШӨП** зат. өс. <лат. eranthis> *Тамыры қалың баданалы, қошқыл сары түсті гүлдері бар, ерте көктемде гүлдейтін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**САУЫС**[1] сын. *Сірі боп баттасып, қатып қалған кір.*

**Сауыс тұрды**. *Кір сірі болып баттасып қатып қалды.*

**САУЫС**[2] зат. ***Сауын.***

**САУЫС=** ет. *Бірге мал сауу.*

**САУЫСҚАН** зат. **1.** *Құйрығы ұзын, ала қанатты, жұбымен немесе жалғыз жүретін, өлексе жейтін, өте сақ құс.* **2.** зоол. <лат. pica pica> *Торғай тәрізділер отрядының қарға тұқымдасына жататын, құйрығы ұзын, қара ала қауырсынды құс.* **3.** ауыс. жағымсыз. *Басқаның қалдығын аңдыған, біреудің еңбегінің арқасында күн көретін адам.*

**Сауысқаннан сақ**. *Өте сергек, абайлағыш.* **Сауысқан тектес құстар**. зоол. *Қарға тұқымдасына жататын, өлексе жейтін, қауырсыны қарала құстар.*

**САУЫСҚАНДАЙ** сын. *Сауысқан сияқты, сауысқан тәрізді.*

**САУЫС-САУЫС** сын. *Сірі-сірі боп қатып қалған, кір-кір.*

**САУЫСТАЙ** сын. *Сауыс сияқты, кір-кір көрінген.*

**САУЫСТАН=** ет. *Сірі боп баттасу, кір болу.*

**САУЫСТАНДЫР=** ет. *Сірі боп баттастыру, кірлету.*

**САУЫСТАНДЫРУ** *Сауыстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫСТАНУ** *Сауыстан етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫСТАР** зат. геол. *Ашық жазықтар бойымен сауыстана аққан ерітінділер есебінен қалыптасқан ақпа минерал түзілімдері.*

**САУЫСУ** *Сауыс етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫТ**[1] зат. **1.** этн. көне. *Ұсақ темір шығыршықтарды бір-біріне өткізіп тоқылатын тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалатын, садақ, қылыш, найза сияқты қару-жарақтардан қорғануға арналған батырлардың киімі.* **2.** этн. көне. ***Шарайна.*** **3.** этн. көне. *Ат сауыт, кежім.* **4.** әск. *Адамдарды, әскери техниканы және қорғаныс құрылымдарын әртүрлі жою құралдарының әсерінен сақтайтын құрал.* **5.** зоол. *Сауытты жануарлардың қорғаныс қызметін атқаратын сыртқы дене мүшесі, қатты жабыны.* **6.** ауыс. *Сыртқы әсерден сақтайтын, қорғайтын құрал.*

**Сауытымен кеңесті**. бейн. *Ойланып-толғанды.*

**САУЫТ**[2] зат. **1.** *Әртүрлі зат салып немесе құйып қоятын, іші қуыс, кішігірім құты ыдыс.* **2.** ***Сиясауыт.*** **3.** анат. *Адам мен жануардың ағзасындағы кейбір ішкі мүшелердің қуыс тәріздес орналасу қабы.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің шеңбері, аясы.*

**САУЫТ**[3] зат. өс. *Жүз жылдай өмір сүретін, дінің құрылыс материалы ретінде пайдаланатын, өзен бойларында өсетін жуан ағаш.*

**САУЫТБАСТЫЛАР** зат. зоол. <лат. stegocephalia> *Төменгі мезозой және жоғарғы палеозой дәуірінің қабаттарынан белгілі көне қосмекенділердің үлкен бір тобы.*

**САУЫТБҰЗАР** зат. көне. этн. *Сауыттарды тесіп кететін мықты, өткір, үлкен жебе, қозыжауырын оқ.*

**Сауытбұзар авиациялық бомба.** әск. *Сауытталған нысаналарды немесе мықты бетондалған, сондай-ақ темір-бетонды қорғанышы бар объектілерді күртуға арналған бомба түрі.*

**САУЫТБҰЗҒЫШ-ӨРТЕГІШ: сауытбұзғыш-өртегіш оқ.** әск. *Жеңіл сауытталған нысаналарды зақымдау және оқ бұзған сауыттың арғы жағында орналасқан жеңіл жанатын заттарды өртеуге арналған оқ.*

**САУЫТ-САЙМАН** зат. **1.** *Әртүрлі құрал-жабдық.* **2.** көне. этн. *Батырдың қорғануы үшін қажетті киімі мен құрал-жарағы.*

**Сауыт-сайман асынды**. *Бес қаруын түгел алып, сауытын толық киініп, жауға аттанды.*

**САУЫТТАЙ** сын. *Сауыт сияқты, сауыт тәрізді.*

**САУЫТТАЛ=** ет. *Сауытты болу, сауытпен қапталу.*

**САУЫТТАЛУ=** ет. *Сауыттал етістігінің қимыл атауы.*

**САУЫТТЫ** сын. *Сауыты бар, сауыт киген. // Сауыт киген батыр.*

**Сауытты автомобиль.** әск. *Қарсыластың тірі күшін және атыс құралдарын жоюға, байланыс жүргізуге, әскери қорғауға, барлауға арналған сырты сауытталған доңғалақты мәшине.* **Сауытты аңдар.** зоол. <лат. dasypodidae> *Денесінің арқа жағы сүйекті, ал оның сырты мүйізді сауытты қалқанмен қапталған мүктүсті сүтқоректі жануарлар тұқымдасы.* **Сауытты катер.** әск. *Теңіз, өзен жағалауларында әрекет жасауға арналған, сауытталған шағын кеме.* **Сауытты кеме.** әск. *Мықты сауытталған және қуатты артиллериямен қаруланған, XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы негізгі ұрыс кемесі.* **Сауытты қалпақ.** әск. *Ұрыс жүргізу және бақылау үшін қолданылатын атыс ойығы мен саңылаулары бар мұнара типтес формалы құрылғы.* **Сауытты қолтырауындар.** зоол. *Қолтырауындардың аллигаторлар тұқымдасының үш туысының жиынтық атауы.* **Сауытты мұнара.** әск. *Танкілерде, жаяу әскер ұрыс мәшинелерінде, сауытты транспортерлерде, кемелерде және фортификациялық құрылымдарда жеке құрамды қорғау үшін орнатылған жабық сауытты конструкция.* **Сауытты пойыз.** әск. *Сырты сауытталған (оқтар мен жарықшақтан сақтану үшін) және қаруланған жылжымалы теміржол құрамы.* **Сауытты танк әскерлері.** әск. *Негізгі күші сауытты танкілер болып табылатын қазіргі кездегі армияның құрлықтағы әскерлерінің бір түрі; танкілер.* **Сауытты танк дивизиясы.** әск. *АҚШ, Англия, Франция және бірқатар басқа мемлекеттер армиясындағы жалпы әскери құрама.* **Сауытты танк қару-жарағы.** әск. *Сауытты танк техникасының мәшинелеріне қондырылатын аспаптар мен автоматтық жүйелер, жою құралдары кешені.* **Сауытты танк техникасы.** әск. *Сауыт қорғанышы бар, түрлі ұрыс мәшинелерінен тұратын әскери техника.*

**САУЫТТЫҚ** сын. әск. *Сауытқа қатысты, сауытқа тән.*

**САУЫТША** зат. *Кішкентай құты ыдыс.*

**САУЫТШЫНЫ** зат. әск. *Танкілердің, сауытты автомобильдердің байқау терезесін, ұшақтардың және әскери техниканың басқа түрлерінің кабиналарын әйнектеу үшін қолданылатын берiктiлiгi жоғары шыны түрі.*

**САФ** [ар. صاف] сын. **1.** *Қоспасыз, таптаза.* **2.** *Текті, қаны таза.* **3.** *Пәк, бейкүнә.* **4.** *Нағыз, шынайы.*

**Саф алтын.** а) геол. *Табиғи таза күйінде ұшырасатын алтын.* ә) *Қоспасыз, таза, өте бағалы алтын ақша.* б) *Аса қадірлі, қымбатты адам.* **Саф алтынға сатпады.** *Қанша қымбат, бағалы құн берсе де, айырбастамады.* **Саф алтындай.** а) *Қоспасыз алтын сияқты.* ә) *Бағалы, құнды, ерекше, қадірлі.* **Саф алтының жез болды.** бейн. *Шын асылдың қадірі болмады.* **Саф күміс.** геол. *Au, Hg, Sb, Cu және басқалармен қоспа түрінде кездесетін минерал.* **Саф элементтер.** геол. *Біршама тұрақты минералдар түрінде кездесетін, жер қыртысының 0,1 пайызын құрайтын жай заттар.*

**САФА: сафа келді.** ескікіт. *Хош келді.*

**САФИ** [ар. صافى] сын. ескікіт. діни. *Таңдаулы, таңдап алынған, таза, пәк.*

**САФЛЫҚ** зат. ескікіт. *Тазалық, пәктік.*

**САФРАНИНДЕР** зат. хим. *Феназин туындылары.*

**САФЛОР** зат. бот. *Түрі күнбағыстың ұсақ дәніне ұқсайтын ақ түсті майлы дақыл.*

**САХА** зат. *Сібірдің солтүстігінде, Лена және Вилюй өзендері аңғарында тұратын түркітілдес халық.*

**САХАБА** [ар. صحابة] зат. діни. *Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ислам дінін таратқан кезіндегі дос, жолдас серіктері, пайғамбарды көзімен көрген, естіген, онымен тілдескен, мұсылман болып өлгендер.*

**САХАБАТ** [ар. سخاوة] зат. ескікіт. *Жомарттық, қайырымдылық.*

**САХАБИ** [ар. صحابى] сын. ескікіт. *Жомарт, қайырымды.*

**САХАР**[1] [ар. سهر] зат. *Таң алды мезгілі, алакөбең кез, таңсәрі.*

**САХАР**[2] зат. ***Сақар*** *(алабота шөбінің күлінен қайнатылған сабын).*

**САХАРА** [ар. صحاره] зат. **1.** *Ауа райы құаң, шөлді аймақ.* **2.** *Кең байтақ, жазық дала.* **3**. *Өркениеттен алшақ жатқан иен жер.* **4.** *Қазақ жері, қазақтың кең даласы. // Кең байтақ.*

**Сахараның гүлі**. поэт. *Кең байтақ қазақ даласында еркелеп, еркін өскен қыр қызы.*

**САХАРАДАЙ** сын. *Сахара сияқты, сахара тәрізді.*

**Сахарадай сарғайды**. бейн. *Әбден пісті, бабына жетті.*

**САХАРАЗА** [грек. sakchar] зат. хим. *Инвертаза, қантты (сахарозаны) гидролиздеп, ыдырататын гидролаза класының ферменті.*

**САХАРАЛЫҚ** сын. **1.** *Сахараға қатысты, сахараға тән, далалық.* **2.** *Шөлге қатысты, шөл жерге арналған.*

**САХАРАУИ** [ар. صحاروى] сын. ескікіт. *Далалық, жазық даланы мекендеген, қырда жүрген.*

**САХАРИДТЕР** [грек. sakchar – қант, eidos – түр] зат. хим. *Гидролизденгенде екі молекуладан кем емес моносахаридтерге ыдырайтын көмірсулар, органикалық қосылыстар.*

**САХАРИМЕТР** [грек. sakchar, metron – өлшем] зат. хим. *Ерітінділердің құрамындағы қанттың мөлшерін ерітінді концентрациясына пропорционал жарықтың поляризация жазықтығының бұрылу бұрышын өлшеу арқылы анықтайтын аспап.*

**САХАРИМЕТРИЯ** зат. хим. *Ерітіндідегі қанттың концентрациясын, қанттылықты анықтау әдісі.*

**САХАРИН** [грек. sakhar] зат. хим. **1.** *Дәмі өте тәтті (қанттан 400–500 есе тәтті), ағзаға сіңбейтін жартылай функционалды қосылыс, түссіз кристалдар.* **2.** *Парфюмерияда тәтті дәм беру үшін қолданылатын натрий тұзы.*

**САХАРОЗА** зат. биол. *Фруктоза мен глюкоза қалдықтарынан түзілетін көмірсу, дисахарид, суда жақсы еритін, түссіз кристалл.*

**САХАРШАМ** зат. діни. *Таң сәрі, ораза кезіндегі ауызашар алдындағы уақыт.*

**САХАТ**[1] [ар. سخط] зат. діни. көне. *Сабыр, саба (Алланың берген нығметтеріне риза болу).*

**Сахат тапты.** көне. *Сабасына түсті, ашуы басылды, тынышталды.*

**САХАТ**[2] зат. *Шипа, ем.*

**САХАУАТ**[1] [ар. سخاوة] зат. ескікіт. *Жомарттық, қайырымдылық, сахабат.*

**САХАУАТ**[2] зат. ескікіт. *Ақыл-ой, ес, сана.*

**САХАУАТСЫЗ** сын. ескікіт. *Ашкөз, қызғаншақ.*

**САХАУАТТЫ** сын. ескікіт. *Жомарт, қайырымды.*

**САХЕР** зат. ескікіт. *Қызметкер.*

**САХИ**[1] [ар. سخى] сын. *Жомарт, мырза.*

**САХИ**[2] сын. *Көзі су қараңғы, көкірегі сезімтал.*

**САХИБ** [ар. صاحب] зат. діни. ескікіт. *Ислам дініндегі діни лауазым, мәртебе, атақ, сол лауазымдағы адам.*

**Сахиб ас-саиф.** діни. *Әли руынан шығады деп күткен, өкімет символы семсер деп есептейтін имамның, яғни каим мәһди теңеулерінің бірі.* **Сахиб әз-заман.** діни. *Әли руынан шығады деп күткен имамның дәуір әміршісі деген мағынаны білдіретін каим мәһди теңеулерінің бірі.* **Сахиб құран.** *Ұлық кісі, бақытты туған жан.* **Сахиб нығмет.** *Байлық, дәулет иесі.*

**САХИБЖАМАЛ** [ар. صاحب الجمال] сын. көне. **1.** діни. *Ең көрікті, кемел, келісті (Аллаға тән қасиеттердің бірі).* **2.** *Өте әдемі, сұлу (қыз туралы).*

**САХИБИ** [ар. صحابى] сын. діни. *Мәртебелі, сахиб лауазымындағы.*

**САХИҚ** [ар. صحيح] сын. діни. *Таза, сау, нағыз, ақиқат, дұрыс, түзу, шындыққа үйлесімді.*

**САХИЛЫҚ** зат. діни. көне. *Жомарттық, асқан кеңпейілділік.*

**САХИПА** [ар. صحيفه] зат. діни. ***Сахифа.*** **1.** *Бет, парақ.* **2.** *Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі жекелеген пайғамбарларға Алланың үкімі жіберілген шағын шиырланған, бұрама қағаз [Алланың толық үкімі жазылған кітап – Құран Кәрім].*

**САХИР** [ар. سحر] зат. көне. *Сиқыршы.*

**САХИТ** зат. діни. *Аман болу, дені сау болу.*

**САХИФА** [ар. صحيفة] зат. ескікіт. **1.** *Бет, парақ.* **2.** діни. *Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі жекелеген пайғамбарларға Алланың үкімі жіберілген шағын шиырланған, бұрама қағаз.*

**САХИХ** [ар. صحيح] сын. діни. ***Сахиқ*** *(мұсылман ғұламаларының түсіндіруінде, ақиқатты баяндайтын хадис, иснад). // Ақиқатқа сәйкес.*

**САХНА** [ир. صحنه] зат. **1.** өнер. *Театрдағы ойын-сауық, драматургиялық қойылым көрсетілетін орын.* **2.** ауыс. *Бір құбылыстың, оқиғаның немесе нысандардың көрініс тапқан орны, кеңістігі.*

**Сахнада қойылды.** *Сахнаға шығарылды, театр сахнасына шығарылды.* **Сахна тілі.** лингв. *Театрда қоюға арналған көркем драмалық шығармалардың актерлердің сахнада айту, орындау формасы.*

**САХНАГЕР** окказ. *Қоюшы режиссер.*

**САХНАДАЙ** сын. *Сахна сияқты, сахна тәрізді.*

**САХНАЛА=** ет. өнер. *Драмалық шығарманы театр сахнасына қою, соған арнап бейімдеу.*

**САХНАЛАН=** ет. *Сахнаға шығарылған.*

**САХНАЛАУ** өнер. *Сахнала етістігінің қимыл атауы.*

**САХНАЛЫҚ** сын. *Сахнада көрсетілетін, сахнаға тән.*

**САХНАСҮЙЕР** сын. *Театр өнерін бағалайтын, театрға құмар (көрермен).*

**САХРА** [ар. صحراء] зат. ескікіт. ***Сахара.***

**САХРАЙ** зат. ескікіт. *Далалық.*

**САХРАУИ** [ар. صحراوى] сын. ескікіт. *Далалық, көшпелі.*

**САХЫПЖАМАЛ** [ар. صاحب الجمال] сын. ескікіт. *Сахибжамал, келіскен, көрікті.*

**САХЫПҚЫРАН** [ар. صاحب قران] сын. ескікіт. *Қырып салғыш, қарулы.*

**САХЫТ** [ар. صحة] зат. көне. ***Саһат*** *(амандық, саламаттық).*

**САҺАР**[1] зат. *Аққудың қоразы.*

**САҺАР**[2] [ар. سهر] зат. діни. ескікіт. ***Сахар*** *(таң сәрі).*

**САҺАТ**[1] [ар. سخط] зат. діни. ескікіт. ***Сахат*** *(сабыр, саба болу).*

**Саһатына келтірді.** *Орнына қойды, сабасына түсірді, жазасын берді.*

**САҺАТ**[2] [ар. صحة]. зат. ескікіт. *Денсаулық, аман-есендік. //Аман, есен-сау, сау-саламат.*

**САҺАТТЫҚ** зат. ескікіт. *Амандық, саламаттық.*

**САЮ** *Сай етістігінің қимыл атауы.*

**САШ** зат. ескікіт. *Ауыс-түйіс, алысберіс, өзара есеп айырысу.*

**САЯ** [ир. سايه] зат. **1.** *Жапырағы жайқалған ағаштың ыстық күнде жай табуға болатын көлеңкесі, салқын мәуесі.* **2.** *Жанға жайлы қоңыр салқын орын, көлеңкелі жер.* **3.** ауыс. *Арқасүйер қамқоршы, пана.* **4.** ауыс. *Аяулы мекен, өсіріп, жеткізген орта.*

**Сая болды.** *Сүйеніш, қамқор болды, пана тұтты.* **Саясы жоқ, [миуасыз] дараққа бұлбұл қонбайды.** *Пайдасы, панасы, ығы жоқ жанға ешкім үйір болмайды деген мағынада.* **Сая таппады.** а) *Тыным көрмеді.* ә) *Пана таппады.* **Сая тапты.** *Жаны жадырап, рақатқа батты.* **Саясы түсті.** *Қамқорлығына бөледі, қамқорлық жасады.* **Сая іздеді.** *Қамқорлық күтті, пана іздеді.*

**САЯБАҚ** зат. <лат. parricus> *Серуендеу, демалыс мақсаттарына арналған, табиғи немесе қолдан өсірілген жасыл желекті жер телімі.*

**САЯБАН** зат. **1.** *Дем алу үшін бау ішіне салынған, үсті жабық, көлеңкелі орын.* **2.** жерг. ***Қолшатыр.***

**САЯБЫ** зат. сөйл. *Саябан.*

**САЯБЫР** сын. *Ақырын, жайлап толастаған, баяу.*

**Саябыр тапты.** *Толас тапты, тынышыды.* **Саябыр тартты.** *Ақырындады, бәсеңдеді.*

**САЯБЫРЛА=** ет. **1.** *Ақырындау, бәсеңдеу, баяулау, толастау.* **2.** *Азаю, кему.*

**САЯБЫРЛАН=** ет. *Ақырындау, бәсеңдеу, баяулау, толастау.*

**САЯБЫРЛАНУ** *Саябырлан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯБЫРЛАТ=** ет. *Ақырындату, бәсеңдету, баяулату, толастату.*

**САЯБЫРЛАТУ** *Саябырлат етістігінің қимыл атауы.*

**САЯБЫРЛАУ**[1] сын. **1.** *Баяулау, ақырындау.* **2.** *Азайыңқыраған, кеми түскен.*

**САЯБЫРЛАУ**[2] *Саябырла етістігінің қимыл атауы.*

**САЯБЫРЛЫҚ** зат. *Баяулағандық, толастағандық.*

**САЯБЫРСУ** *Саябырсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЯБЫРСЫ=** ет. **1.** *Біртіндеп, жайлап бәсеңдеу, тыншу.* **2.** *Азаю, кему.*

**САЯБЫРСЫТ=** ет. *Біртіндеп, жайлап бәсеңдету, тыншыту.*

**САЯБЫРСЫТУ** *Саябырсыт етістігінің қимыл атауы.*

**САЯДЫ** зат. ескікіт. *Аңшы, балықшы.*

**САЯЖАЙ** зат. *Қала тұрғындарының жазда тұруға лайықтап, қала сыртында салынған бау-бақшалы үйі.*

**САЯЖОЛ** зат. <франц. allee> *Жан-жағына жасыл желек, әсемдік ағаштары мен гүлдер отырғызылған, адамдар жүруге, серуендеуге арналған жол.*

**САЯЗ** сын. **1.** *Терең емес, таяз.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі тар, білімі үстірт.*

**Саяз жүзді.** *Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүрді.*

**САЯЗДА=** ет. *Судың тереңдігі таяздау.*

**САЯЗДАН=** ет. *Таяздану, тайыз болу.*

**САЯЗДАНУ** *Саяздан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯЗДАТ=** ет. *Таяздату, тайыздату.*

**САЯЗДАТУ** *Саяздат етістігінің қимыл атауы.*

**САЯЗДАУ**[1] *Саязда етістігінің қимыл атауы.*

**САЯЗДАУ**[2] сын. **1.** *Онша терең емес, таяздау.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі тарлау, үстірттеу.*

**САЯЗДЫҚ** зат. **1.** *Терең еместік, таяздық.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі, түсінігі төмендік.*

**САЯЗСУ** *Саязсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЯЗСУЛЫҚ: саязсулық шөгінділер.** геол. *Теңіздің саяз өңірлерінде және тұщы суқойма түбінде, шамамен 200 м-ге дейінгі тереңдіктерде түзілетін шөгінділер.*

**САЯЗСЫ=** ет. *Саяздану, саяз тарту.*

**САЯЗЫРАҚ** сын. *Таяздау, саяздау.*

**САЯҚ**[1] сын. **1.** *Өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ (жылқы). // Үйірден бөлек жүретін жылқы. // Жеке-дара, бөлек жүрген адам.* **2.** ауыс. *Оқшау, жеке-дара, жалғыз. // Елден жырақта, бөлек, жалғыз жүріс.*

**Саяқ жүріс.** *Оңаша, оқшау жүру.* **Саяқ кетті.** *Бөлектенді, ажырап кетті, алабөтен болды.* **Саяқ қалды.** *Оқшауланды, бөлектенді.*

**САЯҚ**[2] зат. көне. ескікіт. *Саяхатшы, жиһанкез.*

**САЯҚ-САНДЫРАҚ** сын. *Мінілмеген (аттар).*

**САЯҚСУ** *Саяқсы етістігінің қимыл атауы.*

**САЯҚСЫ=** ет. **1.** *Үйірге қосылмай, өз алдына жеке кету.* **2.** ауыс. *Топтан шеттеп, жалғыздану.*

**САЯҚТА=** ет. *Өзгелерден бөлектену, жекедаралану, оқшаулану.*

**САЯҚТАЛ=** ет. *Үйірге қосылмау, бөлектену.*

**САЯҚТАЛУ** *Саяқтал етістігінің қимыл атауы.*

**САЯҚТАН=** ет. *Жекелену, даралану, жеке жүру.*

**САЯҚТАНУ** *Саяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯҚТАУ**[1] сын. *Өзгеден шеттеу, оңашалау.*

**САЯҚТАУ**[2] *Саяқта етістігінің қимыл атауы.*

**САЯҚТЫҚ** зат. *Өзгеден жекеленген жалғыздық, алабөтендік.*

**САЯҚШЕГІРТКЕ** зоол. *Жәндіктер табының тіққанаттылар отрядының нағыз шегірткелер тұқымдасының өкілі, ауылшаруашылық дақыл-дарының зиянкестері.*

**САЯЛА=** ет. **1.** *Көлеңкелі, жайлы жерде тыныстау, салқындау.* **2.** ауыс. *Мекендеу, қоныстау.* **3.** ауыс. *Біреуді тірек, қамқор тұту, паналау.* **4.** ауыс. *Тыныштық табу, тыншу.*

**САЯЛАТ=** ет. *Көлеңкелі, жайлы жерде тыныстату, салқындату.*

**САЯЛАТУ** *Саялат етістігінің қимыл атауы.*

**САЯЛАУ** *Саяла етістігінің қимыл атауы; көлеңкеде тынығу.*

**САЯЛЫ** сын. *Тыныстауға жайлы, салқыны мол, көлеңкелі.*

**Саялы мекен.** поэт. *Аялаған жер, өсіп-өнген орта.*

**САЯҢ** сын. *Көлеңкелілеу, ылғалдылау.*

**САЯР** [ар. سيار] зат. *Жүріс, жорық.*

**САЯСАТ** [ар. سياسة] зат. **1.** *Елді басқару ісін жүргізу, таққа, билікке ие болу, араласу, ел*

*билеу ісі.* **2.** с а я с и. <грек. politika> *Мемлекет қызметінің формасын, міндеттерін, мазмұнын анықтауды көздейтін әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа, билікті ұстап қалу мен пайдалануға байланысты қоғамның өмір сүру әрекетінің саласы.* **3.** *Мемлекеттер арасындағы, сондай-ақ мемлекет ішіндегі билікке ие болуға немесе биліктің таралуына, шоғырлануына ықпал етуге қатысты, әдетте, шын мақсаты шебер жасырылған, бүркемеленген айлалы шаралар.* **4.** *Қоғам өмірінің жекелеген саласында қандай да бір мақсатты көздейтін жалпы елішілік істерді жүзеге асыру шаралары.* **5**. *Билік басындағы жеке тұлғаның немесе шағын топтың ел билеудегі ерекше қолтаңбасы, әдіс-айласы, бағыты мен амалдарының кешені.* **6**. *Ұжымның, мекеменің өз мақсат-мүдделерін жүзеге асыру бойынша іс-қимылы, оның әрекет, қызмет ету үлгісі.* **7.** а у ы с . *Ел билігінің тұтқасын ұстағандар.* **8.** а у ы с . *Амал, айла-шарғы, құрал.*

**Саясат әлемі**. *Мемлекетішілік және мемлекетаралық қатынастарды реттеуге, биліктің таралуына, шоғырлануына әсер етудің жолдары мен шаралары.* **Саясат әлеуметтануы.** ғ ы л . *Қоғамның, жекелеген әлеуметтік топтардың мемлекетке және билік институттарына көзқарасын саяси сана, саяси мінез-құлық тұрғысынан анықтайтын әлеуметтану ғылымының саласы.* **Саясат әуесі [һауасы].** *Елдер мен елішілік саяси топтар арасындағы билікке ықпал етуге талас негізінде қалыптасқан жағдаят, саяси кеңістіктегі ахуал.***Саясат дүниесі**. *Саясаттануға қатысты білімдер; саясатқа қатысты үдерістер мен үрдістер.* **Саясатқа жүйрік**. *Айлалы, өз дегеніне оңай жететін.* **Саясат қайраткері**. *Өз елінің мүдделерін қорғауда, жүзеге асыруда маңызды болып табыла-тын саяси шараларды атқарушы, қоғамның саяси өмірінде оң үрдістерді қалыптастыруға ықпал етуші белсенді тұлға.* **Саясат құралы**. *Саяси шараларды жүзеге асыруға септігін тигізетін тәсіл, амал т.б.* **Саясат қызметшісі**. *Елдің саяси шараларын, мақсат-міндеттерін жүзеге асыруды көздей-тін құзырлы орындардың қызметкері, лауазымды тұлға.* **Саясат майданы.** *Саяси көзқарас пен мүдделілердің тартыс ортасы.* **Саясат сахнасы**. *Саяси іс-қимылдар өтіп жатқан, шаралар жүзеге асып жатқан кеңістік.* **Саясат субъектісі**. с а я с и . *Саяси іс-қимылдар мен саяси әрекетке қатысушы партиялар, қозғалыстар, тұлғалар, топтар мен мемлекеттер және басқа да саяси институттар.* **Саясат тартысы**. *Саяси күштер мен нысандардың саяси кеңістіктегі ықпал, билікке таласы.* **Саясат түзеді**. *Іштей мүдделі болған жасырын мақсаттарын орындауды ойластырды.* **Саясаттың акулалары.** г а з е т . ж а ғ ы м с ы з . *Саяси кеңістікте басқыншылық танытатын үстем топтар, елдер т.б. немесе солардың өкілдері.* **Саясат тілі**. *Саяси жетекші мен сайлаушылар арасындағы байланыстың, саяси шындықты білдіру мен тіркеудің құралы ретіндегі тіл.* **Саясатын жүргізді**. а) *Айла-шарғысын, саяси мүддесін іске асырды.* ә) *Ойын іске асырды, айла-амалдармен көздегеніне жетті.* **Саясат ісіне көгенделді**. *Саясатты қатыстырды, саясатты араластырды.*

**САЯСАТКЕР** з а т . **1.** с а я с и. *Өз қызметіне нақты саяси идеологияны басшылыққа ала отырып, саяси жағдай қажеттіліктеріне сай шешімдер қабылдайтын, кәсіби саясатпен айналысушы тұлға.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Өз ойлағанына амал-айламен жететін, мақсаты шебер бүркемеленген, саясатпен айналысушы адам.*

**Саясаткерлер элитасы**. *Саясатқа, оны ұйымдастыруға, жүзеге асыруға қатысты әлеуметтік қабаттардың ішіндегі ең жоғарғысы.*

**САЯСАТКЕРЛІК** з а т . *Саясаткер болушылық, саясатпен айналысушылық.*

**САЯСАТКЕРСЫМАҚ** с ы н . ж а ғ ы м с ы з . *Баспасөз, теле-радио арқылы өзін ел қамын ойлаушы ретінде көрсетуші, бұлік салушы.*

**САЯСАТҚҰМАР** с ы н . *Бәрін саясатқа айналдыратын, айлакер.*

**САЯСАТНАМА** з а т . о к к а з . *Саясаттану пәні.*

**САЯСАТСЫЗ** с ы н . *Саясаты жоқ, саяси емес.*

**САЯСАТСЫЗДАН=** е т. *Саясатқа қатыстырылмау, саяси белгіден айырылу.*

**САЯСАТСЫЗДАНУ=** е т. *Саясатсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСАТТАН=** е т. *Саяси сипат алу, саясаттың қатысуы.*

**САЯСАТТАНДЫР=** е т. *Саяси сипат беру, саясатты қатыстыру.*

**САЯСАТТАНДЫРУ** *Саясаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСАТТАНДЫРЫЛ=** е т. *Саясатқа қатыстырылу, саяси сипат иелену.*

**САЯСАТТАНДЫРЫЛУ** *Саясаттандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСАТТАНУ**[1] з а т . ғ ы л . <грек. politike – мемлекет, logos – ілім> *Дербес ғылым саласы және жеке оқу пәні ретінде XX ғасырдың ортасынан қалыптасқан саясат, саяси үдеріс, саяси билік туралы ғылым.*

**САЯСАТТАНУ**[2] *Саясаттан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСАТТАНУШЫ** з а т . *Саясаттану ғылымының маманы.*

**САЯСАТТЫҚ** с ы н . *Саясатқа қатысты, саяси.*

**САЯСАТШЫ** з а т . *Саясат мәселелерімен айналысушы, саясаткер.*

**САЯСАТШЫЛ** с ы н . *Нені де болса саясатқа бұрғыш, саясат жөнінде көп айтқыш.*

**САЯСАТШЫЛДЫҚ** з а т . *Саясат жайын көп айтқыштық.*

**САЯСИ** [ар. سياسى] с ы н . *Саясатпен байланысы бар, саясатқа қатысты.*

**Саяси автаркия.** с а я с и . *Мемлекеттік және саяси-мемлекеттік емес субъектілермен тұйықталған саяси жүйені құру мақсатында саяси институттарды оқшаулауға бағытталған шаралар мен құралдар жиынтығы.* **Саяси айдар тағу.** *Саяси алдап-арбау әдісінің бір тәсілі.* **Саяси айыпкер.** *Саяси көзқарастары ресми билік көзқарастарына қайшы келгендіктен, қудалауға ұшырап, айыпталған адам.* **Саяси ақпарат.** а) *Бұқаралық үгіт жұмысының бір түрі.* ә) ә с к . *Елдегі және шетелдердегі саяси, экономикалық және қоғамдық өмір фактілерімен, құбылыстарымен, оқиғаларымен, әлемдегі әскери-саяси жағдайлармен (жоғарыдан келер ақпаратпен) таныстыру, хабардар ету, жүргізілген жұмыс туралы мәліметтерді толық-тыру.* **Саяси ақтау.** *Негізсіз бұзылған саяси және азаматтық құқықтарды қалпына келтіру.* **Саяси алаң.** *Тарихи субъектілердің, кейіпкерлердің өмірі.* **Саяси алдап-арбау әдісі.** *Адам санасына нақты әдістерді қолдану арқылы өз мүддесі мен мақсатына қол жеткізу үшін әлеуметтік аңыздарды енгізу.* **Саяси апатия.** п с и х о л. *Саяси шындықтағы оқиғаларға эмоциялық салғырт, қызығушылық танытпай қараумен сипатталатын индивид жағдайы.* **Саяси арена.** к і т . *Саясат саласы, саяси іс-әрекеттер өтетін аймақ, кеңістік.* **Саяси ахуал.** *Қандай да бір саяси кеңістіктегі билік саясатына, билік пен бұқара арасындағы қатынасқа т.б. байланысты қалыптасқан жағдай.* **Саяси әділеттілік.** *Саясат объектілері мен субъектілері, институттар мен азаматтар, мемлекеттік аппарат пен тұрғындар арасындағы үйлесімді қатынастар көрінісі.* **Саяси әзіл [анекдот].** *Қандай да бір саяси жағдай, көшбасшы немесе саяси топ өкілінің мінез-құлқы туралы қысқаша күлкілі әңгіме.* **Саяси әлеуметтану.** ғ ы л . *Арнайы ғылыми пән ретінде саясатты әлеуметтанушылық құ-ралдармен, яғни саясатты саяси өмір сипатын анықтаушы өзара қарым-қатынастағы субъек-тілер, институттар мен ережелер арқылы зерт-тейтін ғылым саласы.* **Саяси бағдарлама.** с а я с и . *Партияның немесе мемлекеттік институттардың саяси тұғырын, негізгі қағидаларын, мақсаттары мен оны жүзеге асыру тәсіл құралдарын түсіндіру және осылар түсіндірілетін құжат.* **Саяси бағыт.** с а я с и . *Қандай да бір әлеуметтік топтың мүдделерін қорғаушы билік өкілдері әрекетінің мақсатты беталысы.* **Саяси басқару.** қ о ғ . - с а я с и . *Саяси билікті іске асыру процесі.* **Саяси баспана**. с а я с и . *Өз елінде саяси себептерге байланысты қуғалау көрген шетелдік азаматқа немесе азаматтығы жоқ тұлғаға басқа елде тұру құқығын беру.* **Саяси басымдықтар.** с а я с и . *Саяси тұрғыдан бірінші кезекте көңіл бөлуді, күш жұмсауды қажетсінетін мәселе.* **Саяси бедел.** с а я с и . *Саясат субъектісінің билікті жүзеге асыру мүмкіндіктері мен құқықтарының қоғам тарапынан мойындалуы, саясат қайраткерінің іргелі қасиеттерінің бірі.* **Саяси белсенділік**. с а я с и . *Саяси ортада өмірлік маңызы бар байланыстарды қайта құруға немесе қолдауға бағытталған жеке тұлғаның белсенді қызметі.* **Саяси билік**. *Таптың, топтың, жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіретін билік.* **Саяси білім**. *Саясаттағы кәсіби мінез-құлық пен саяси мәдениет шарттарын қалыптастыратын әлеуметтендіруге дайындық ретіндегі қажетті білімдер.* **Саяси бірегейлік.** с а я с и . *Қандай да бір қоғам мүшелерінің өздерін белгілі бір саяси идея, идеология, мінез-құлық үлгісі т.б. сәйкестендіруі, қоғамдағы ортақ саяси идеалдар төңірегінде ұйысуы.* **Саяси бірлестік**. *Саяси одақ, саясат субъектілерінің қандай да мақсаттағы біріккен тобы.* **Саяси география.** ғ ы л . *Қоғамдық географиялық ғылымның саясаттанумен ұштасып жатқан әлемнің саяси картасының қалыптасуын зерттейтін тармағы.* **Саяси дағдарыс.** қ о ғ . - с а я с и . *Қоғамның саяси жүйесіндегі кикілжіңдер мен қайшылықтардың асқынып, ресми биліктің ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттерін бұрынғы қалыпта атқара алмауы.* **Саяси дәріс**. *Саяси мәселелерге арналған оқыту, ақпарат беру мақсатындағы арнайы дәріс.***Саяси енжарлық.** *Саяси өмірге қатысуға ынтаның болмауы немесе саясатқа енжарлық.* **Саяси ереуіл.** *Қандай да бір әлеуметтік топтың немесе таптың саяси билікке қарсы ашық наразылық білдіруі немесе қарулы көтеріліске шығу жолы.* **Саяси есею**. *Саясат мәселелері жөнінде білімі мен тәжірибесі арту, жетілу.* **Саяси жарамсыздық**. *Саясатқа қатысты қауқарсыздық, қабілетінің жетіспеушілігі.* **Саяси жарнама**. с а я с и . *Саясат субъектісінің мәнін қысқа және эмоциялық тұрғыдан ашу және оған оң қатынасты қалыптастырумен қатар оны қолдауға итермелеуге бағытталған саяси имиджді қалыптастырудың маңызды тәсілі.* **Саяси жүйе.** с а я с и . *Қоғамның нақты саяси қызмет атқаратын әлеуметтік институт-тарының жүйесі.* **Саяси идеал.** *Даму мақсаты мен саяси мінез-құлықтың үлгісі, әлеуметтік-саяси құндылықтар толық көрініс тапқан әлеуметтік және саяси құрылыс түрі.* **Саяси идеология.** с а я с и . *Үстемдік етуші әлеуметтік топтың мүддесін білдіретін идеология.* **Саяси имидж.** ж а ң а . *Саясаткердің өзі туралы, оның тұлғалық қасиеттерін бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоршаған ортасымен қалыптастырылған түсініктер негізінде жа-салған бейнесі.* **Саяси институттар.** с а я с и . *Құрылысы жағынан ұйымдасқан, бір орталыққа бағынатын, ерекше өкілдіктерге ие, атқарушы аппараты бар саяси мекеме.* **Саяси интеграция.** с а я с и . *Кең көлемді және жоғары қарқынды байланыстармен, іс-әрекеттермен сипатталатын қоғамның, мемлекеттің, мемлекетаралық қатынастардың ішкі жағдайы.* **Саяси информация.** с о в . *Қандай да бір ұжым не мекемеде қоғамдық өмірде болып жатқан саясат туралы хабар.* **Саяси кеңістік.** с а я с и . *Қоғамның саяси ұйымы ретіндегі саяси институттар мен мекемелер жиынтығы.* **Саяси конфликт.** с а я с и . *Саяси жанжал, түрлі мүдделі саяси топтар арасындағы тартыс.* **Саяси көзқарас**. с а я с и . *Кең мағынада адамның, әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның саяси өмірге қатысты түсініктері, тар мағынада саяси билік пен нақты билікке қатысты көзқарасы.* **Саяси көрсоқырлық**. *Саяси білімдерінің төмендігі, саяси надандық.* **Саяси көшбасшы.** с а я с и .

*Әлеуметтік-саяси үдерістер мен жағдаяттарда, ұжым, топ, қоғамдағы, ұлттар, мемлекеттер, халықаралық қатынастардағы өзара әрекеттестікті реттеуде жеке тұлғасының әсері мен ықпалы маңызды рөл атқаруға мүмкіндік беретін қоғамдық ұйым немесе әлеуметтік топтың белсенді мүшесі.* **Саяси күрес**. *Билік үшін немесе билікке әсер ету үшін мүдделі топтардың күресі.* **Саяси күш.** *Саяси қауқары жоғары, саяси әлеуеті бар топ, тап.* **Саяси қағажу.** *Саяси қудалаудың бір түрі.***Саяси қайраткер**. ***Саясат қайраткері***. **Саяси қашқын**. с а я с и . *Саяси себептерге байланысты қудалау көрген шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлға.* **Саяси қуғын-сүргін.** тар. *Кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты.* **Саяси құзыреттілік.** с а я с и . *Саясат туралы кең көлемдегі кешенді білімдерді игерушілік және оларды қоғамның саяси өмірінде тиімді қолдана алу біліктілігі.* **Саяси құндылықтар.** с а я с и . *Әлеуметтік субъектілердің өз тәжірибесіне сүйене отырып, қандай да бір құбылыстарды, үрдістер мен саяси өмір ережелерін басым мойындауы.* **Саяси құрылым.** с а я с и . *Саяси тұтастықтың құрамдас бөліктері, элементтері арасындағы тұрақты және тәртіптелген байланыстар.* **Саяси құрылыс.** *Мемлекеттік басқару органы.* **Саяси мәдениет.** с а я с и . *Әлеуметтік топтардың, қауымдардың, жеке адамдардың саясат саласындағы тарихи тәжірибесі мен жады, саяси қызметінен көрініс табатын тұрақты көзқарастары мен құндылықтары, тұжырымдары мен саяси дағдыларының жиынтығы.* **Саяси мәртебе.** с а я с и . *Саяси институттардың, адамдардың құқықтары бостандықтары, міндеттері, олардың заңмен бекітілген саяси жағдайының жиынығы.* **Саяси мүдде.** с а я с и . *Адамның, әлеуметтік топтың қандай да бір саяси құбылыстарға, үдерістерге өзінің дүниетанымдық қағидаттары, сенімдері, ұстанымдары негізіндегі ерекше қатынасы.* **Саяси партия.** с а я с и . *Қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейдегі топ өкілдерінің мүдделерін қорғайтын ұжым, өзіндік қызмет бағдарламасы, мақсаты мен ұстанымдары бар ұжым.* **Саяси реформа.** *Қандай да бір қоғамның құрылысындағы саяси қатынастарды реттеуге бағытталған жаңа өзгерістер енгізу.* **Саяси рух.** *Саясатқа белсенді араласуға деген шабыт.* **Саяси салғырттық [самарқаулық]**. *Саяси өмірге, оның проблемаларына, оқиғаларына қызығушылықсыз, немқұрайды қарау, белсенді саяси іс-әрекеттерге араласпау.* **Саяси сана.** с а я с и - ә л е у м. *Өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініпсезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдер, түсініктер, көзқарастар жиынтығы.* **Саяси сатира.** ә д е б . *Саяси тақырыптағы сатира жанрындағы әдеби туынды.* **Саяси сауаттылық [сауат]**. *Саясаттан хабардарлық, саяси білімдері деңгейінің жоғарылығы.* **Саяси соқыр**. *Саяси білімі ысылып жетілмеген.* **Саяси субмәдениет.** с а я с и - ә л е у м . *Қоғамда үстемдік ететін мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдар.* **Саяси талдау.** с а я с а т. *Саяси құбылыстар мен үдерістерді құрамдастарға бөлшектеп, жіктеп, әрбір жіктелген нысанның айырым белгілерін көрсету негізінде олардың негізгі мәнін, даму динамикасы мен заңдылықтарын анықтауға арқа сүйеген саяси зерттеу әдісі.* **Саяси тәрбие**. *Саяси сана мен қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталған шаралар кешені, саяси баулу.* **Саяси тәртіп.** с а я с и . *Қоғамның саяси жүйесінің жұмыс істеу жолы, елдің саяси өмірінің сипаты.* **Саяси тәсіл**. *Саяси әдістің құрамдас бөлігі, амал, айла.* **Саяси тәуелсіздік**. *Қандай да бір мемлекеттің билігінің, саяси қатынастарын реттеу құқығының өз қолында болуы.* **Саяси технология.** с а я с и . *Саясатта нақты мақсаттарға жетудің жолдары мен әдіс-тәсілдері.* **Саяси тұрақтандырушы.** *Саяси өзгерістердің бірқалыпты дамуына, бір мақсатқа бағынуына себеп болатын түрткіжайт.* **Саяси тұрақтылық.** с а я с и . *Қоғамдағы негізгі саяси күштердің, мүдделі топтардың өзара келісім мен консенсус жағдайында өмір сүруі.* **Саяси тұтқын**. *Саяси көзқарастары мен әрекеті үшін тұтылған, қамауға алынған адам.* **Саяси уәждер**. *Саясат субъектісінің мұқтаждығын қанағаттандыруға қатысты және оның белсенділігін тудыратын терең ішкі түрткілер.* **Саяси үдеріс [процесс].** с а я с и . *Саяси жүйелер шеңберінде жүретін индивидтер, социумдар, топтар, халықтар, ұлттар, ұлыстар, т.б. саясаттың түрлі субъектілері арасындағы қатынастар жиынтығы.* **Саяси үнқатысу.** *Мемлекеттер арасындағы диалог, келісім.* **Саяси фактор.** *Саяси мәні бар, саясатқа қатысты түрткіжайт.* **Саяси философия.** ғ ы л . *Философияның қоғамның саяси даму заңдылықтары мен ортақ белгілерін зерттейтін саласы.* **Саяси фракциялар**. с а я с и . *Түрлі саяси ұжымдардың біріккен ортақ топтары.* **Саяси ықпал [әсер].** с а я с и . *Саяси әрекет етуші тұлғаның, саясат субъектісінің өзіне тиімді жолдар арқылы басқалардың іс-қимылына әсер ету қабілетінің дәрежесі, деңгейі.* **Саяси іс-әрекет.** с а я с и . *Билікке әсер ету мақсатындағы индивид, топтар мен ұйымдардың саяси қатынас саласындағы белсенділігі.* **Саяси экономия.** ғ ы л . *Қоғам дамуының түрлі сатыларында тұрмыстық игіліктерді өндіруде, бөлуде, айырбастауда және тұтынуда адамдар арасындағы өндірістік қатынастардың жұмыс істеуі және дамуы заңдарын зерделейтін ғылым.* **Саяси элита**. с а я с и - ә л е у м . *Әлеуметтік, саяси басқаруды, мәдени дамуды жүзеге асыратын ерекше пірсатты, артықшылықты әлеуметтік қабат.*

**САЯСИ-АУМАҚТЫҚ** с ы н . *Қандай да бір аумақтағы саясатқа қатысты.*

**САЯСИ-ӘКІМШІЛІК** с ы н . *Әкімшілік басқару жүйесіне, басқару ісіне қатысты.*

**САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК** с ы н . *Саясатқа әрі қоғамға, қоғамның құрылысына қатысты.*

**Саяси-әлеуметтік өлең-жырлар.** ә д е б . *Кеңдік поэзияның саяси мәселелерді көтеріп, әлеуметтік мақсат-мүдделерді паш ететін саласы.*

**САЯСИ-БҰҚАРАЛЫҚ** с ы н . *Қалың халық арасындағы саяси шараларға қатысты.*

**САЯСИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н . ғ ы л . *Саясат саласы мен географияға, саяси географияға қатысты.*

**САЯСИ-ИДЕЯЛЫҚ** с ы н . *Саясат пен идеологияға қатысты.*

**САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ** с ы н . *Саясат субъек-тілерінің құқықтарына қатысты.*

**САЯСИЛАН=** е т. *Саяси сипат алу, саясатқа қатысты қылу.*

**САЯСИЛАНДЫР=** е т. *Саяси сипат беру, саясатпен байланыстыру.*

**САЯСИЛАНДЫРУ** *Саясиландыр етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСИЛАНДЫРЫЛ=** е т. *Саясатқа қатыстырылу, саясаттың араластырылуы.*

**САЯСИЛАНДЫРЫЛУ** *Саясиландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСИЛАНУ** *Саясилан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯСИЛЫҚ** з а т . *Саяси болушылық, саясатқа қарастылық.*

**САЯСИ-МОРАЛЬДЫҚ: саяси-моральдық [саяси-ахлақтық] әлеует.** ә с к . *Экономикалық, саяси және әскери мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылуы мүмкін ел тұрғындарының рухани мүмкіндіктері, халықтың саяси және ахлақтық көзқарастарының дәрежесі.*

**САЯСИ-РУХАНИ** с ы н . с а я с и . *Саясат пен руханилыққа қатысты.*

**САЯСИ-ТАРИХИ** с ы н . *Мемлекеттің тарихына, қоғамның дамуындағы саясатқа қатысты.*

**САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ** с ы н . *Саясат пен экономика салаларына қатысты.*

**Саяси-экономикалық детерминизм.** э к о н . <лат. determinare – анықтау, грек. politike – мемлекетті басқару өнері, oikonomia – шаруашылықты басқару> *Қоғамның дамуын тек қана материалдық игіліктерді өндіру әдісімен, ғылымның, техниканың, технологияның жағдайымен байланыстыру, тіршілік ортасы мен мәдениеттің дамуындағы рөлін теріске шығару.* **Саяси-экономикалық кеңістік**. *Бірнеше мемлекет тарапынан орнығатын саяси және экономикалық байланыстарды қамтитын құрылым.*

**САЯСЫЗ** с ы н . *Саясы жоқ, көлеңкесіз, жайлы жері жоқ.*

**САЯТ**[1] з а т . **1.** э т н . *Қазақ халқының байырғыдан қалыптасқан, асқан шеберлікті, құсты баули білу машығын қажет ететін қыран құстарды салып, аң аулау өнері.* **2.** а у ы с . *Серуен, сейіл, қыдырыс.*

**Саят құрды**. а) *Құс салып, аңға шықты.* ә) *Сейіл салды, серуендеді.* **Саят құстары**. э т н . *Түлкі, қарсақ, қасқыр т.б. аңдарды, үйрек, қаз сияқты құстарды аулау үшін құсбегінің баулуымен ұядағы балапан кезінен қолға үйретіліп, аңшылыққа дағдыланған бүркіт т.б. сияқты іліп алатын және лашын т.б. сияқты теуіп алатын қыран құстар.*

**САЯТ**[2] [ар. سيئة] з а т . к ө н е . *Жаман қылық.*

**САЯТКЕР** з а т . э т н . *Құс салып, аң аулауға жаны құмар, соған әбден машықтанған, саят кәсібімен айналысатын адам.*

**САЯТКЕРЛІК** з а т . *Құс салып, аң аулауға құмарлық, соған машықтанғандық.*

**САЯТТА=** е т . **1.** *Құс салып, аң аулау.* **2.** а у ы с . *Қыдыру, серуендеу, дем алу.*

**САЯТТАН=** е т. **1.** *Саят құру, саятқа шыққан қыран құстай болып ұшу.* **2.** а у ы с . *Дайындалу, әзірлену.*

**САЯТТАНУ** *Саяттан етістігінің қимыл атауы.*

**САЯТТАТ=** е т. *Саят құрғызу, құс салып, аңға шығу.*

**САЯТТАТУ** *Саяттат етістігінің қимыл атауы.*

**САЯТТАУ** *Саятта етістігінің қимыл атауы.*

**САЯТТЫҚ** з а т . *Құс салып, аң аулаушылық.*

**САЯТШЫ** з а т . **1.** *Құс салып, аң аулауды кәсіп еткен аңшы. // Құс салып, аң аулауды кәсіп еткен.* **2.** э т н . *Кәсіби құсбегі.* **3.** с ө й л . *Аңшы.*

**САЯТШЫЛ** с ы н . *Құс салып, аң аулауға әуес.*

**САЯТШЫЛЫҚ** з а т . э т н . **1.** *Құс салып, аң аулаумен кәсіптенген аңшылық.* **2.** *Құспен аң аулау өнері.*

**Саятшылық кәсібі.** *Қыран құсты аң аулауға баулып, құс салып, аң аулаумен арнайы айналысушылық.*

**САЯХ**[1] [ар. سياح] з а т . е с к і к і т . ***Саяқ*** *(жалғыз-жарым).*

**САЯХ**[2] з а т . е с к і к і т . *Саяхатшы, жолаушы.*

**САЯХАТ** [ар. سياحة] з а т . **1.** *Зерттеу не танысу, аралап көру мақсатымен алыс бір жерге ел аралауға шыққан сапар.* **2.** *Бой жазу, демалыс ретінде айнала маңда өткізілетін серуен, сейіл.*

**Саяхат жасады.** а) *Ел аралады, жер-дүниені шарлады.* ә) *Серуендеді, сейіл құрды.*

**САЯХАТНАМА** з а т . ә д е б . *Өлеңмен не қара сөзбен бір сапардың жайы айтылатын шығыс поэзиясының үлгісі.*

**САЯХАТТА=** е т. **1.** *Алыс жерге сапарға шығу, ел аралау.* **2.** *Сейіл құру, серуендеу.* **3.** а у ы с . *Терең бойлау, жан-жақты игеру.*

**САЯХАТТАТ=** е т. *Алыс жерге сапарға шығару, ел аралату.*

**САЯХАТТАТУ** *Саяхаттат етістігінің қимыл атауы.*

**САЯХАТТАУ** *Саяхатта етістігінің қимыл атауы.*

**САЯХАТТЫ** с ы н . *Саяхат үстіндегі, саяхат жасаған.*

**САЯХАТШЫ**[1] з а т . **1.** *Ел көріп, жер аралап білім жинайтын, танымын кеңейтетін, қызықтайтын адам.* **2.** *Таныпбілу, жаңа жерлер ашу, т.б. арнайы мақсатпен жер кезген жиһанкез.* **3.** а у ы с . *Таныпбілуге құмар, ізденімпаз адам.*

**САЯХАТШЫ**[2] з а т . с ө й л . ***Саятшы.***

**САЯХАТШЫЛЫҚ** зат. *Саяхат жасаушылық, саяхатқа шығушылық.*

**СӘБАТ** зат. ескікіт. *Бекемдік, беріктік; табандылық, тұрақтылық.*

**СӘБЕТ** зат. жерг. ***Себет.***

**СӘБИ** [ар. صبى] зат. *Жас нәресте, бүлдіршін, бөбек. // Жаңа туған (бала). // Балғын, балауса. // Пәк, бейкүнә.*

**Сәби болғысы келді**. поэт. окказ. *Бұл дүниенің қиындық, ауырпалығынан бейхабар, бейкүнә, пәк болуды қалады.* **Сәби бөбегім.** экспр. *Кішкентайым, бүлдіршінім деген еркелету мәніндегі жаңа туған нәрестеге айтылатын қаратпа атауыш.* **Сәби көзбен қарады**. поэт. *Таңырқай, таңдана, қызыға қарады.* **Сәби көрді**. *Еркелетті, әлі жас баладай қарады.* **Сәби күлкісі естілді**. *Нәрестелі болды, бала сүйіп, бақытқа кенелді.* **Сәби күн.** *Балалық, балғын шақ.* **Сәби күннен**. поэт. *Дүниеге келген кезден бастап.* **Сәби сезім**. *Пәк, таза сезім.* Сәби сезім. бейн. *Пәк, таза көңіл, бейкүнә күй.* **Сәби сүйді**. поэт. *Балалы болды, нәрестелі болды.*

**СӘБИДЕЙ** сын. **1**. *Сәби сияқты, сәби тәрізді.* **2**. ауыс. *Пәк, қорғансыз.*

**Сәбидей қуанды**. бейн. *Риясыз, ешбір қауіпсіз, ағынан жарыла қуанды.* **Сәбидей қорғансыз.** бейн. *Өз қолынан ештеңе келмейтін адамдай, шарасыз, бейшара күйдегі.* **Сәбидей пәк.** бейн. *Өмірде әлі ештеңе көріп үлгермеген адамдай таза, бейкүнә.* **Сәбидей хош иісті**. бейн. *Иісі елітіп, елжірететін, алпыс екі тамырыңды иітетін жұпар.*

**СӘБИДЕЙІН** сын. фольк. *Сәбидей, сәби сияқты.*

**СӘБИЛ** зат. ескікіт. *Иесіз қалу, жапа шегу.*

**СӘБИЛІ** сын. *Жас нәрестелі, сәбиі бар.*

**СӘБИЛІК** зат. *Буыны бекімеген нәрестелік, бөбектік шақ. // Буыны бекімеген, бөбектік.*

**Сәбилік қалды**. *Балалық шақ өтті.* **Сәбилік сезім**. *Балалық пәк сезім.*

**СӘБИТ**: **сәбит қадам**. ескікіт. *Мықты, нақты қадам.*

**СӘБИХАНА** зат. *Сәбилерді күтіп-бағатын тәрбие мекемесі.*

**СӘБИШЕ** үст. *Сәбиге ұқсап, сәби сияқты.*

**СӘБІЗ** зат. **1.** *Дәмі тәтті, қызғылт-сарғыш түсті біржылдық бақша өсімдігі.* **2.** өс. <лат. daucus> *Тағамдық және малазықтық түрлері бар шатыршагүлділер тұқымдасына жататын өсімдік туысы.*

**СӘБІЗНӘЗІК** зат. өс. *Сырты қоңыр ала, іші қызыл сопақша келген қауынның бір сорты.*

**СӘБІЗШӨП** зат. өс. <лат. silaus> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**СӘБІЗШІЛ** зат. өс. <лат. silaum silaus> *Шатыршагүлдер тұқымдасына жататын жапырағы үшбұрышты, сабағы жіңішке, жоғары жағына қарай тарамдалып кететін далалық, далалық орманның шетінде, ащышөпті жайылымдарда өсетін емдік, дәмдендіргіштік қасиеті бар көпжылдық өсімдік. С*

**СӘДА** сын. ескікіт. *Текті, жүйрік (ат).*

**СӘДЕП**[1] [ар. صدف] зат. көне. *Теңіз түбінен алынатын дүрдің, маржанның қабығы, қабыршағы.*

**СӘДЕП**[2] зат. өс. *Сабағы тік, жапырақтары жүрек пішіндес, шөлді жерлерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**СӘДЕПТЕЙ** сын. *Сәдеп сияқты.*

**СӘДЕПСІЗ** сын. көне. *Сәдебі жоқ, қабыршақсыз.*

**СӘДЕТТЕ=** ет. жерг. *Бұлдау, бәлдену.*

**СӘДЕТТЕН=** ет. жерг. *Көңілге алу, өкпе қылу.*

**СӘДЕТТЕНУ** *Сәдеттен етістігінің қимыл атауы.*

**СӘДЕТТЕУ** *Сәдетте етістігінің қимыл атауы.*

**СӘДІРМЕК-САУЫҚ** зат. жерг. *Сауықшылдық, еркінсіп, өз ойымен әрекет жасаушылық.*

**СӘЖДА** зат. ескікіт. ***Сәжде.***

**СӘЖДӘ** зат. ескікіт. ***Сәжде.***

**СӘЖДЕ** [ар. سجد] зат. діни. **1.** *Намаз оқып тұрған адамның тізелері, алақаны, мұрны мен маңдайы жерге тигізіліп, «Субханә Рәббіләл ағла» деп іштей айту арқылы намаздың әр рәкатында, рукүһ (бел бүгу) пен отырыстың арасында орындалатын Аллаға тәжім ету қимыл ишараты.* **2.** сөйл. *Намаз оқып, Құдайға құлшылық қылғанда жерге жаятын ақ мата, жайнамаз.*

**Сәждеге бас қойды.** діни. *Құдайға құлшылық етті, мінәжат қылды.* **Сәждеге басын салды**. діни. *Намаз оқып, сәжде жасады.* **Сәждеге басы тиді.** діни. *Құлшылық етті; намазға жығылды.* **Сәждеге барды**. діни. *Намаздың Аллаға тәжім ету ишаратын орындады.* **Сәждеге бас қойды.** діни. *Шариғат жолын ұстанды, намаз оқыды.* **Сәждеге басын ұрды [қойды, тигізді].** діни. *Құдайға құлшылық етіп, намаз оқыды.* **Сәжде етті**. діни. а) *Намазда сәждеге барды, сәждеге бас ұрды.* ә) *Тағзым жасады, бас ұрып, құрмет көрсетті.* **Сәждеде жатты**. діни. *Басын жерге ұрып, Аллаға тағзым жасап жатып одан тілек тіледі [Мұсылмандықта Алланың құлының өз Жаратушысына барынша жақындайтын, тілектерінің мейлінше тез қабыл болатын кездерінің бірі намаз соңындағы (ең соңғы рәкаттағы) сәжде деп есептеледі, сондықтан намаздың соңғы сәждесінде тілек тілеу абзал].* **Сәжде қылды.** діни. *Құдайға құлшылық етіп, намаз оқыды, сәждеге барды.*

**СӘЙГЕКТЕТ=** ет. *Бірқалыпты аяңға, желіске салу.*

**СӘЙГЕКТЕТУ** *Сәйгектет етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙГЕЛ** зат *Жаздың ыстық күндерінде сиыр малына тиетін сона тәрізді жәндік, оқыра.*

**Сәйгел қуалаған сиырдай**. бейн. *Алдыартына қарамай жүгіре жөнелген.*

**СӘЙГЕЛДЕ=** ет. *Сәйгел тиіп қашу.*

**СӘЙГЕЛДЕК** зат. сөйл. ***Сәйгел.***

**СӘЙГЕЛДЕУ** *Сәйгелде етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙГҮЛІК** зат. сөйл. ***Сайгүлік.***

**СӘЙКЕС** сын. *Бір нәрсенің ыңғай-ретіне сай, сонымен үйлес, жымдас.*

**СӘЙКЕС=** ет. **1.** *Сай түсу, үйлесе кету.* **2.** *Үндесу, бағыттас, сарындас болу.* **3.** *Бір-бірімен бірдей болу, бір-біріне дөп келу.* **4.** *Қандай да бір үлгіге, талапқа сай болу, соған жауап беру.*

**СӘЙКЕССІЗ** сын. *Қандай да бір үлгі, талапқа сай емес, сәйкес келмейтін.*

**СӘЙКЕССІЗДІК** зат. **1.** *Біріне-бірі дөп түспеушілік, сай келмеушілік, үйлеспеушілік.* **2.** *Қарама-қайшылық, алшақтық, қайшылық.* **3.** биол. *Екі дарақ арасындағы жұптасудың қиындауы, ұрықтану үдерісінің жүрмеуі.* **4.** инф. <ағыл. mismatch> *Мәліметтердегі үлгімен салыстырғандағы теріс нәтиже.*

**СӘЙКЕСТЕ=** ет. *Бір нәрсенің ыңғай-ретіне сай келтіру, лайықтау, үйлестіру.*

**СӘЙКЕСТЕЛ=** ет. *Ыңғайлану, лайықталу.*

**СӘЙКЕСТЕЛУ** *Сәйкестел етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙКЕСТЕН=** ет. *Сәйкес келу, лайықтану, үйлесімді болу .*

**СӘЙКЕСТЕНДІР=** ет. *Үйлестіру, лайықтандыру.*

**СӘЙКЕСТЕНДІРМЕ: сәйкестендірме нөмір.** *Жеке тұлғаларға өмірлік берілетін жеке сандық код.*

**СӘЙКЕСТЕНДІРУ** *Сәйкестендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үйлестіру, лайықтандыру.* **2.** хим. <лат. udentikus> *Белгісіз бір қосылыстың басқа белгілі бір қосылыспен ұқсастығын анықтау.* **3.** геол. *Стратиграфияда көршілес немесе бірбірінен алшақ аймақтарда орналасқан таужыныс қабаттарының немесе олардың қимасына тән кейбір дербес бөліктердің геологиялық көнелігі бір-бірімен тұтас екендігін анықтау мақсатында оларды өзара салыстыру.*

**Сәйкестендіру нөмірі [коды].** қаржы-экон. *Қандай да бір қаржы, экономикалық қатынастарға қатысушы тұлғаларды тіркеудің, олар туралы мәліметтерді анықтаудың ұлттық тізілімдемедегі нөмірі.*

**СӘЙКЕСТЕНДІРУШІ** зат. <лат. identikus> *Сәйкестіруші, бірегейлендіруші, лайықтаушы.*

**СӘЙКЕСТЕНДІРІЛ=** ет. *Үйлестірілу, лайықтандырылу.*

**СӘЙКЕСТЕНУ** *Сәйкестен етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙКЕСТЕУ** *Сәйкесте етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙКЕСТЕУШІ** зат. *Сәйкестендіруші, идентификатор.*

**СӘЙКЕСТІ** сын. сөйл. ***Сәйкес.***

**СӘЙКЕСТІК** зат. *Біріне-бірі сай келетіндік, ұқсастық, үйлестік.*

**Сәйкестік қағидаты.** экон. *Адамның жауапкершілік жүктелген міндеттерін орындай алуы үшін басшылық оған жеткілікті өкілеттілік беру керек дейтін қағидат.* **Сәйкестік принципі [ұстанымы].** физ. *Физикалық пәндердің белгілі бір саласында жаңа әрі жалпы заңдар ашылған кезде бұрынғы заңдар осы жаңа заңдардың дербес түрі екендігін тұжырымдайтын қағида.* **Сәйкестік сапасы.** экон. *Өткізілетін тауардың не көрсетілетін қызметтің сапасын көрсететін ерекшеліктердің бірі.*

**СӘЙКЕСТІЛІК** зат. **1.** *Сәйкестік, сәйкес болушылық.* **2.** <лат. idenfikus> *Бір заттың, адамның не құбылыстың басқа затқа, адамдар қоғамына, құбылысқа телінуі, соның талабына үйлесушілік.*

**СӘЙКЕСТІР=** ет. *Ыңғай, жөнге сай келтіру, лайықты ету, үйлестіру.*

**СӘЙКЕСТІРУ** *Сәйкестір етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЙКЕСТІРІЛ=** ет. *Сәйкес келтіру, үйлестірілу.*

**СӘЙКЕСУ** *Сәйкес етістігінің қимыл атауы; талапқа, үлгіге сай келу.*

**СӘЙКІ** сын. *Кербез, сылқым, әсемпаз.*

**СӘЙІД** зат. көне. *Қожайын, мырза; ислам пайда болғанға дейін тайпа көсемін осылай атаған.*

**СӘЙІДЗАДА** зат. қоғ. *Ислам тарихында хазірет Мұхаммедтің немересі Хұсайыннан тараған ұрпақтарға берілген құрметті атақ.*

**СӘЙІР** [ар. سير] зат. көне. *Қимыл, қозғалыс, жүріс.*

**Сәйір етті.** ескікіт. *Серуендеді, аралады.*

**СӘЙІРЛЕ=** ет. *Аралау, серуендеу.*

**СӘЙІРЛЕУ** *Сәйірле етістігінің қимыл атауы.*

**СӘК** зат. көне. *Сөмке.*

**СӘКӘКУ** зат. сөйл. жағымсыз. *Шошаңдап селтеңдеген ойын-күлкі, бос ыржың.*

**СӘКӘКҮЛ** зат. сөйл. ***Сәкәку.***

**Сәкәкүл сәнді киім**. окказ. *Бос селтең-жүріске, сауық-думанға арналған жылтырақ киім.*

**СӘКӘКҮЛДЕН=** ет. *Орғыту, секектеу.*

**СӘКӘКҮЛДЕНУ** *Сәкәкүлден етістігінің қимыл атауы.*

**СӘКСАР** зат. миф. *Жын-перінің аты.*

**СӘКҮН** [ар. سكون] зат. *Араб жазуында дауыссыз дыбыстардың созылыңқы емес екенін білдіру үшін олардың үстіне қойылатын шартты белгі.*

**СӘКІ** зат. **1.** *Жату үшін үйдің, бөлменің ішіне тақтайдан биіктеу етіп жасаған орын, нар.* **2.** *Отыру, дем алу үшін тақтайдан жасалған биіктеу орын.*

**Сәкі тақтай.** ***Сәкі.***

**СӘКІМ** зат. сөйл. ***Сәкүн.***

**СӘЛ**[1] сын. *Азғана, шамалы, болмашы.*

**Сәл болмағанда**. *Аз кідіргенде, енді кешіккенде.* **Сәлден кейін [соң].** *Азғана уақыттан кейін, біраздан соң.* **Сәл нәрсе**. *Жоқтан өзге, не болса сол, болмашы нәрсе.*

**СӘЛ**[2] сын. жерг. *Халі мүшкіл, нашар, әл үстінде.*

**СӘЛАМАТ** сын. ескікіт. ***Саламат*** *(аман-саулық, сәлемет).*

**СӘЛӘМӘТ** зат. ескікіт. ***Саламат*** *(амансаулық). // Аман-есен, сау, бүтін.*

**СӘЛӘТ** [ар. صلاة] зат. діни. ескікіт. *Намаз ғибадаты, бесін намазы.*

**СӘЛӘТ-ӘЗ-ЗУХР** [ар. صلاة الظهر] зат. діни. ескікіт. *Сәске, бесін намазы.*

**СӘЛӘФИ** [ар. سلافی] зат. діни. ***Салафи*** *(мұсылмандардың пайғамбарды көрген сахабалар, сахабаларды көрген табиғиндер және табиғиндерді көрген табаға табиғиндерден тұратын үш толқыны).*

**СӘЛБИ** зат. діни. *Алла Тағалаға тән емес қасиеттерді жоққа шығаратын сипат.*

**СӘЛБИЕ** [ар. سلبية] зат. діни. *Адам баласының бойында жоқ, ерекше, құдіретті қасиеттер.*

**СӘЛБЕН** зат. өс. <лат. salvia> *Ерінгүлдер тұқымдасына жататын тропиктік және субтропиктік аймақтарда кең тараған дәрілік әрі тағамдық өсімдік түрі, жартылай бұта, бұта, шалфей.*

**СӘЛДЕ**[1] [ир. سله] зат. діни. **1.** *Мұсылмандардың, қожа-молдалардың өз діни сипатын көрсету белгісі ретінде киіп жүретін, бастарына орайтын ақ мата; шалма.* **2.** *Кейбір мұсылман мемлекеттерінде билеушілердің және діни қызметтегі тұлғалардың қызметтік баскиімі, қызметтік сыртқы түр-тұлғасының маңызды да міндетті атрибуты.*

**Сәлде аяққа шұлғанды.** *Дін аяққа тапталды, дін қорланды, діндарлар құдалау көрді.* **Сәлде киді.** *Қожа, молда болды.* **Сәлде орады**. *Басына матадан оралып жасалатын мұсылман, шығыс елдеріне тән баскиім киді, сәлде киді.* **Сәлде орау**. діни. *Матадан оралып жасалатын шығыс елдеріне, мұсылмандарға тән баскиім кию.* **Сәлдесі басынан түсті**. миф. *Көне наным бойынша, жаман ырымға саналатын, басынан немесе жақынынан, абырой-беделінен т.б. айырылуды, үлкен нұқсанды білдіретін белгі.*

**СӘЛДЕ** зат. өс. жерг. ***Саңырауқұлақ.***

**СӘЛДЕГҮЛ** зат. өс. *Шұғынықтың екінші түрі, дала таушымылдығы.*

**СӘЛДЕДЕЙ** сын. *Сәлде сияқты, сәлде тәрізді.*

**СӘЛДЕЛІ** сын. *Сәлде киген, сәлде ораған.*

**СӘЛДЕСІЗ** сын. *Сәлде кимеген, сәлдесі жоқ.*

**СӘЛДЕУ** сын. *Азғана, төмендеу, шамалылау.*

**СӘЛЕМ**[1] [ар. سلام] зат. **1.** *Адамды алғаш көргенде сыпайылық әдебі бойынша қимыл ишарат және сөз арқылы амандық, есен-саулық сұрасып амандасу рәсімі немесе осы рәсімде қолданылатын тілек, лебіз сөз.* **2.** *Біреуге айт деп тапсырылатын ауызша ықыласты тілек хабар, амандығы туралы аманат хабар.* **3.** діни. *Алдымен оң иығына басын бұрып, сонан соң сол иығына бұрылып, «Ассаламаумағалейкум уа рахматуллах» деп айтып, намаз соңында орындалатын қимыл ишарат [Діни аңыз бойынша, адамның оң иығында оның сауапты істерін, сол иығында күнәларын амал дәптеріне жазып отыратын екі періште болады, намаз соңында мұсылман адам оларға сәлем беру арқылы ғибадатын аяқтайды].*

**Сәлем айтқызды**. *Біреу арқылы амандықсаулық білдірді, хабар айтқызды.* **Сәлем айтты**. а) *Біреуден тілек, ниетін білдіріп жіберді.* ә) *Амандық-саулығын, есендігін тілеп, хабар айтты.* **Сәлем алды.** *Берген сәлемді қабылдады, амандасты, амандық сұрасты.* **Сәлем берді**. а) *Әдеп бойынша күні бойына бірінші көрген адамға амандасты, есендік-саулық сұрасты.* ә) этн. *Алыстан келген немесе жасы үлкен адамға сыйқұрметінің белгісі ретінде қазақтың әдет-ғұрпы бойынша әдеп сақтап арнайы жолығып амандасты.* б) этн. *Үйдің келіні күні бойы бірінші рет көргенде атасына немесе қайын әпкелері мен қайын ағаларына, қайын жұртының басқа да жасы үлкендеріне қазақтың дәстүрлі әдеп сақтау ғұрыптары бойынша, сый-құрметінің нышаны ретінде иіліп, амандасты.* в) діни. *Періштелерге сәлем беріп, намаздың соңғы қимыл ишаратын орындады.* **Сәлем бере алмады.** *Алдына бара алмады, қатынаса алмады.* **Сәлем беру.** этн. *Алыс жолдан келген жолаушының немесе сол елдің адамының ауыл ақсақалдарына, белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп амандасуы.* **Сәлем дәметкіш.** *Амандасқанын тілегіш, сәлемдесуін күткіш.* **Сәлем дәметті.** *Амандасады деп ойлады, сәлемдесуін күтті; бірінші амандық-саулық сұраса ма деп қарады.* **Сәлем етті [салды].** этн. *Үйдің келіні күні бойы бірінші рет көргенде атасына немесе қайын әпкелері мен қайын ағаларына, басқа да жасы үлкен қайындарына қазақтың дәстүрлі әдеп сақтау ғұрыптары бойынша сый-құрметінің нышаны ретінде иіліп, тізе бүгіп, амандасты немесе сый табақ қайтқанда, табақты аларда үлкен кісілерге иіліп тағзым жасады.* **Сәлем жеткізді**. *Біреудің амандық сұрасқан жылы тілектерін айтып барды.* **Сәлем жолдады [жіберді]**. *Сәлем айтып жіберді, біреу немесе хатхабар арқылы ықыласын білдірді.* **Сәлемнің де сәті бар**. *Әдеп сақтап аманда-судың да реті, лайықты кезі болады деген мағынада.* **Сәлемі түзу.** *Ниеті, көңілі, ілтипаты дұрыс.*

**СӘЛЕМ**[2]**: сәлем уа сәлф.** діни. *Мұсылмандық құқықта қарыз беруші адамға ешқандай пайда түспейтін қарыз түрі.*

**СӘЛЕМАТ** зат. ескікіт. ***Саламат*** *(амандық). // Аман-сау, есен-аман.*

**СӘЛЕМ-ӘЛІК** зат. *Сәлем беріп, әлік алушылық.*

**СӘЛЕМДЕЙ** сын. *Сәлем сияқты, сәлем тәрізді.*

**СӘЛЕМДЕМЕ** зат. этн. *Сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберілген бұйымы, асыл заты немесе женсік тағамы, қысқы сыбағасы, беріп жіберілетін аманат нәрсе.*

**Сәлемдеме берді.** *Көңіл ықыласы, белгісі ретінде сыйлық тарту етті.*

**СӘЛЕМДЕС=** ет. *Адамды күні бойында алғаш көргенде сыпайылық әдебі бойынша есендік-саулық білісу, амандасу.*

**СӘЛЕМДЕСТІР=** ет. *Амандастыру, есенсаулық сұраттыру.*

**СӘЛЕМДЕСТІРУ** *Сәлемдестір етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЛЕМДЕСУ** зат. этн. *Әдеп жолымен амандық білісу, амандасушылық [Ұлттық дәстүрде сәлем әдебі сәлемдесетін адамдардың жасына, қоғамдық мәртебесіне, жынысына, олардың бір-бірімен отбасылық, ресми, құрдастық және т.б. қатынас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болып келеді].*

**СӘЛЕМДЕСУ** *Сәлемдес етістігінің қимыл атауы.*

**СӘЛЕМДІК** зат. *Сәлемдесу, бейбіт мақсаттағы лебіз, тілек; біреудің сәлемін жеткізушілік.*

**СӘЛЕМЕТ** [ар. سلامة] сын. *Аман-есен, саусаламат, бүтін, сау.*

**Сәлемет болсын.** тілек. *Сәлем айтып ықыласын білдіріп, амандық сұрасқан адамға беретін жауап ретіндегі тілек сөз.* **Сәлемет пе?** *Амандасу әдебі бойынша жасы кішіден немесе қатарласынан амандық сұрасу ишарат сөзі.*

**СӘЛЕМЕТТІК** зат. *Тән тазалығы, амандығы; есен-саулық.*

**СӘЛЕМЕТШІЛІК** зат. *Аманшылық, есенсаулық.*

**СӘЛЕМНАМА** зат. ескікіт. **1.** *Сәлемдеме, біреу арқылы беріп жіберілген сый, сыйлық.* **2.** *Амандық сұрасуды білдіретін сөз, хат.*

**СӘЛЕМ-САУҚАТ** зат. *Біреу арқылы жіберетін аздаған сәлемдеме, сыйлық, сыбаға.*

**СӘЛЕМХАТ** зат. *Амандық-есендік білдірген жазбаша хабар.*

**СӘЛЕМШӨП** зат. өс. <лат. cyperus> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СӘЛЕМШІ** зат. этн. **1.** *Сәлем беруші, амандасушы.* **2.** *Біреудің сәлемін айта келген адам, сәлем әкелуші.*

**Сәлемші салды**. *Сәлемші жіберіп, тілек, ниетін жеткізді.*

**СӘЛЕМШІЛ** сын. *Сәлем бергіш.*

**СӘЛИМ** [ар. سليم] зат. ескікіт. *Бұзылмаған жақсы сипат.*

**СӘЛ-КЕМ** үст. *Аздап қана, болмашы.*

**СӘЛЛЕ** зат. ескікіт. ***Сәлде.***

**СӘЛМЕН** зат. өс. *Таулы, ылғалды жерде өсетін жалпақ жапырақты өсімдік.*

**СӘЛМУ** ар. зат. ескікіт. *Әлем; дүние жүзі; жер шары; жаратылыстану ғылымы, жаратылыс.*

**СӘЛ-ПӘЛ** үст. *Шамалы, болмашы ғана, азғантай, аздап.*

**СӘЛ-ПҰЛ** үст. сөйл. ***Сәл-пәл.***

**СӘЛІ** зат. сөйл. ***Шәлі.***

**СӘЛІРЕК** сын. *Аздап қана, кішкене ғана, сәл-пәл.*

**СӘМ** [ар. سمع] зат. діни. ескікіт. *Естуді білдіретін Алланың заттық емес субути сегіз сипатының бірі.*

**СӘМА** ар. зат. көне. *Аспан.*

**СӘМБІ** зат. жерг. өс. ***Ақтал*** *(ешкітал, әулиеағаш).*

**Сәмбі тал.** *Ақтал, иілгіш, майысқақ, солқылдаған қызыл шілік.* **Сәмбі шыбықтай**. бейн. *Иіліп, майысқақтанып.*

**СӘМҒИЯ** [ар. سمعية] зат. діни. *Ислам дінінде Алла тағаладан адам баласына уахи арқылы берілген дәлелдер.*

**СӘМЕК** зат. жерг. өс. ***Мысыққұйрық*** *(мақта түбінде өсетін арамшөп).*

**СӘМИҒ** [ар. السميع] сын. діни. ескікіт. ***Сәм.***

**СӘМИЯ** [ар. سامية] сын. ескікіт. *Асқақ, құдіретті, бағалы, қымбат.*

**СӘМСӘМ** зат. діни. ескікіт. *Діни аңыз бойынша, Жәбірейіл періште жәннаттан алып келген қасиетті төрт қылыштың бірі.*

**СӘН** зат. **1.** *Әдемі, жарасымды өң беріп, жайнатып жіберетін көрік, үнасым, келісім, жарасым.* **2.** *Қоғамдық ортада белгілі бір кезеңдегі әдемiліктің көрінісі ретінде қалыптасқан дағды мен талғамның жиынтығы.* **3.** *Әдемілік, көркемдік, сәулеттілік.* **4.** өнер. <франц. mode> *Киімге, үй жасауына және т.б. қатысты белгілі бір ортада, белгілі бір уақыт кезеңінде қайсыбір талғамның үстем болуы.* **5.** ауыс. *Биік мән, зор мағына, ерекше қадір-қасиет.* **6.** ауыс. *Жай таптырар көңіл хошы, рақат.* **7.** ауыс. жағымсыз. *Сиқы, түрқы.*

**Сән апталығы**. *Әртүрлі кезеңдерде үстем болатын сән үлгілерінің көрмесі, киім дизайнерлерінің дайындаған киім жиынтығының көрсетілімі өтетін мәдени шара.* **Сән әлемі**. *Сәнді киім үлгілерін дайындау, әр кезеңге сәйкес сәнді киіну талғамын қалыптастыру индустриясы.* Сән берді. Ажарландырды, көркейтті. Әдемілік сыйлады. **Сән берді**. *Көркін кіргізді, өң берді.* **Сәнге айналды**. а) жағымды. *Киінудің озық талғамына, үлгісіне айналды.* ә) жағымсыз. *Белең алды, етек жайды.* **Сән кетті.** *Базарынан айырылды, қызығы тайды.* **Сән көрді**. *Жарасымды деп санады.* **Сән көрсетілімі**. *Сәнді киім үлгілерін жарнамалап, әрбір үлгіні киінген көрсетушілерді жиналған жұрт алдында сахнаға арнайы шығару арқылы тамашалау үшін ұйымдастырылған шара.* **Сән кірді**. а) *Ажарланды, сұлулана түсті.* ә) *Өңі қалпына келіп, көркейе түсті.* б) *Өмірінің мәні зорайды, көңілі жайланды, қызығы көбейді.* в) *Мәні артты, мазмұны тереңдеді, мағынасы молайды.* **Сән құды**. *Әсірәсемдіктің, жылтырап көрінудің соңына түсті.* **Сән құрды**. а) *Салтанат құрды, сәулетімен асқақтады.* ә) *Бой түзеді, сәнденді.* **Сән мүсін**. *Сұлу мүсін, құлын мүсін (сұлу қыздың жинақы, тал шыбықтай дене тұрқы).* **Сән өнері**. а) өнер. <ағыл. decorative art, франц. art decorative, нем. Decorative Kunst> *Өмірдің барлық салаларына көркемдік ұйымдастыру енгізетін, ғимараттарды безендіру және т.б. сәулет өнеріндегі жұмыстармен байланысты монументтік-сәндік өнерге де қатысты практикалық мақсаттарға қызмет ететін өнер түрлерінің жиынтық атауы.* ә) *Киімге қатысты белгілі бір ортада, белгілі бір уақыт кезеңінде үстем талғамдарды қалыптастыру, осы талғамға*

*сәйкес киім үлгілерін дайындау өнері, шеберлігі.* **Сән салпыншақ.** көлөнер. *Әшекейлі белдіктің қосалқы бөлшектері.* **Сән тұрман.** *Жасанғандағы киім-кешегі, салтанаттарда ұстайтын әшекейлі ат әбзелдері.* **Сән түзеді.** *Бой көтерді, көркейді.* **Сән үйі.** *Киімнің жаңа заманғы талғамға сай әсем үлгілерін дайындайтын, жарнамалап сататын сауда-көрме орны.* **Сәні болмады [кетті].** *Қызығы қалмады, берекесі қашты.* **Сәні келді.** *Салтанаты көрінді, сәулеті кірді.* **Сәні қалды.** *Ажары тайды, көркінен түк қалмады.* **Сәні қашты.** *Берекесі кетті, салтанаты бұзылды.* **Сәнін бұзу.** *Келістілікті бүлдіру.* **Сәнін келтірді.** *Өң берді, мән берді, көрік-тендірді.*

**СӘНА** шыл. ескікіт. *Тілек, өтініш білдіретін шылау, барсәна.*

**СӘНАҒАШ** зат. өс. *Сәндік үшін будандастырып өсіретін ағаш.*

**СӘНАИ** [ар. ثناء] сын. ескікіт. *Мақтаулы, айтулы.*

**СӘНӘ** [ар. ثناء] зат. ескікіт. *Мадақ, дәріптеу, жақсы атын шығару.*

**СӘНӘМ** сын. *Сұлу.*

**СӘНГЕР** зат. окказ. *Сән үлгілерін жасаушы маман.*

**СӘНДЕ=** ет. *Әсемдеп, әдемілеп безендіру, көрік беру; әшекейлеу.*

**СӘНДЕЛ=** ет. *Әсемделу, әшекейлену.*

**СӘНДЕЛУ** *Сәндел етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕН=** ет. *Әсемдену, сыланып-сипану, сұлулану.*

**СӘНДЕНДІР=** ет. *Сұлуландыру, көріктендіру.*

**СӘНДЕНДІРУ** *Сәндендір етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕНДІРІЛ=** ет. *Безендірілу, көріктендірілу.*

**СӘНДЕНДІРІЛУ** *Сәндендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕНУ** *Сәнден етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕНІҢКІРЕ=** ет. *Әдеміленіңкіреу, әсемденіңкіреу.*

**СӘНДЕНІҢКІРЕУ** *Сәнденің кіре етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕТ=** ет. *Әшекейлету, әсемдету.*

**СӘНДЕТУ** *Сәндет етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДЕУ** *Сәнде етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНДІ** сын. *Көркі келісті, әдемі, әсем. // Әдемі, әсем жан. // Әдемілеп, әшекейлеп.*

**Сәнді қыздай.** поэт. *Сұлу, мың бұралған.* **Сәнді өсімдік.** бейн. *Қанық түсті гүлдерімен көз тартатын өсімдік.*

**СӘНДІБАС** зат. өс. *Сабағы тік, басы күлтелі, көгілдір түсті гүлі бар көпжылдық өсімдік.*

**СӘНДІК**[1] зат. **1.** *Ажар, көрік беретін әсемдік, әдемілік.* **2.** *Әдемі көрінушілік, талғампаздығын көрсетушілік.*

**Сәндік жалатпа.** *Әшекелі бұйымдардың бетіне сурет салу.* **Сәндік косметология.** мед. *Адамның сыртқы келбетін әрлеп, беттің кейбір кемістіктерін білдірмей, әдемілігін айқындай түсетін косметология саласы.* **Сәндік қылды.** *Сәнді киініп жүріп, салтанат, сауық құрды.*

**СӘНДІК**[2] сын. *Әсем, сән үшін жасалған, әшекейлі.*

**Сәндік өсімдіктер.** бот. *Сәндік мақсатта өсірілетін мәдени және жабайы өсетін ағаш, бұта, көпжылдық, біржылдық шөптесін өсімдіктердің арасындағы пішіні әдемі, жапырақтары, гүлдері, жемістері әртүрлі түсті өсімдіктер.*

**СӘНДІК-КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ** сын. өнер. *Әшекейлеуге әрі құрылымдық мақсатқа қатысты.*

**СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ: сәндік-қолданбалы өнер.** <лат. decoro> *Практикалық мақсаттарға, күнделікті тұрмысқа қажетті көркем бұйымдарды жасауды қамтитын сән өнерінің бір саласы.*

**СӘНДІЛЕУ** сын. *Көріктілеу келген, әдемілеу.*

**СӘНДІЛІК** зат. **1.** *Көріктілік, әдемі келістілік, сәулеттілік.* **2.** *Әдемі, көрікті, әшекей зат.*

**Сәнділік қуалады.** *Сән қуды, әсіреәсемдікке құмартты.*

**СӘНДІП** зат. жерг. ***Сәтен.***

**СӘНДІРЕК** сын. *Сәндiлеу, әсемдірек.*

**СӘН-КӨРІК** зат. *Сұлу келбет, ажарлы өң.*

**СӘНҚАБАҚ** зат. өс. *Сыртқы пішіндері әртүрлі, асқабақ тұқымдастарына жататын біржылдық мәдени өсімдік.*

**СӘНҚОЙ** сын. *Жылтыраған әдемілікті ұнататын, сәнқұмар.*

**СӘНҚОЙЛАУ** сын. *Әсемдікке, жылтыраған жаны құмарлау.*

**СӘНҚОЙЛЫҚ** зат. *Жылтыраған құмартушылық, сән қуушылық.*

**СӘНҚҰМАР** сын. *Сәнді киінгенді жақсы көретін, сән қуатын.*

**СӘНҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Сәнді киінгенді жақсы көрушілік, сән қуушылық.*

**СӘН-САЛТАНАТ** зат. *Безендірілген сәнділік, ерекше әдемілік пен байлығы асқан көркемдік, бағалы әсемдік.*

**Сән-салтанаты кірді.** *Сәні кірді, құлпырды, жайнады.*

**СӘН-САЛТАНАТТЫ** сын. *Сырт көркі жарасымды, сәулетті.*

**СӘН-СӘУЛЕТ** зат. *Құлпырған әсем өң беретін ажар-көрік, асқан әдемі, келісті түр, өң.*

**СӘН-СӘУЛЕТТІ** сын. *Сырт көркі жайнаған, келісті, сәулеті асқан.*

**СӘНСУ** *Сәнсі етістігінің қимыл атауы.*

**СӘНСІ=** ет. *Жылтыраған әдемі, келісті болғансу, сыланып-сипанып сәндену.*

**СӘНСІЗ** сын. *Түр-түске жарасымы жоқ, көріксіз, ажарсыз.*

**СӘНСІЗДЕУ** сын. *Көзге көріксіздеу, ажарсыздау.*

**СӘНТАЛ** зат. өс. ***Көріктал.***

**СӘНТІМ** зат. сөйл. ***Сантиметр.***

**СӘНШІЛ** сын. *Жылтыраған жаны құмар, сәнқой.*

**СӘНІМ** зат. *Жақсы көрген адамына, әдетте кішкентай балаға, нәрестеге айтылатын «қызығым, көркім» деген мәндегі еркелету мағынасындағы қаратпа атауыш сөз.*

**СӘҢКИ=** ет. *Кетіп қалу, пұштию.*

**СӘҢКИТ=** ет. *Кетіту, пұштиту.*

**СӘҢКИТУ** *Сәңкит етістігінің қимыл атауы.*

**СӘҢКИЮ** *Сәңки етістігінің қимыл атауы.*

**СӘҢКІЛДЕ=** ет. *Мұрыннан шыққан дауыспен қатты сөйлеу.*

**СӘҢКІЛДЕУ** *Сәңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**СӘПЕК** сын. жерг. *Нашар, іске жарамайтын, әлсіз.*

**СӘПЕКТЕУ** сын. жерг. *Нашарлау, әлсіздеу, әлжуаздау.*

**СӘПИ** сын. сөйл. ***Сафи*** *(таңдаулы, таңдап алынған, таза, пәк).*

**СӘРГӘРДА** [ир. سرگرده] зат. көне. ескікіт. *Қолбасы, әскербасы, жасақбасы.*

**СӘРГӘРДАН** [ир. سرگردان] зат. ескі кіт. **1.** *Сергелдең, әуре-сарсаң.* **2.** *Сергелдеңге түскен, адасып, босқан адам.*

**СӘРГАРДАР** [ир. سرگردان] зат. ескі кіт. ***Сәргәрдан.***

**СӘРКӘРДА** зат. ескі кіт. ***Сәргәрда.***

**СӘРЕ: *сәре асы.*** зат. *Таңғы тамақ.*

**СӘРЕСІ** [ар. سهر] зат. **1.** діни. *Ораза кезінде аузы берік адамның аузы бекіту үшін таң алдында ішіп-жейтін асы.* **2.** *Сәре асы, таңғы тамақ.* **3.** *Таң алдындағы алагеуім кез.*

**СӘРИР** [ар. سریر] зат. көне. ескі кіт. *Төсек.*

**СӘРИЯШ** зат. өс. *Жылтыр жапырақты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СӘРКЕ** зат. ескі кіт. *Ішімдік.*

**СӘРКІЛДЕ=** ет. экспр. *Бос жүріске бой алдыру, сергелдеңге түсу.*

**СӘРКІЛДЕУ** *Сәркілде етістігінің қимыл атауы.*

**СӘРПЕҢКЕ** зат. *Астарлық жібек мата, іштік.*

**СӘРСЕН** сын. сөйл. *Тоз-тозы шыққан, ескірген.*

**СӘРСЕНБІ** [ир. چهارشنبه] зат. *Сейсенбіден кейін бейсенбіден бұрын келетін күн, аптаның үшінші күні.*

**Сәрсенбінің сәтіне.** *Жолы болады деп есептелінетін аптаның үшінші күнінде.* Сәрсенбінің сәтіне. *Жолы болады деп есептелінетін аптаның үшінші күнінде.* **Сәрсенбі – сәтті күн.** *Аптаның үшінші күні қазақтардың түсінігінде қалыптасқан көне наным бойынша, бастаған ісі оңға басатын, жолы болатын күн.*

**СӘРСЕНДЕМЕ** зат. ескі кіт. *Гимнастикалық ойындар.*

**СӘРСЕҢ** сын. сөйл. ***Сарсаң.***

**СӘРУ** зат. өс. ***Сауыр.***

**СӘРУАР** [ир. سروار] зат. ескі кіт. ***Саруар*** *(қожа, ие, пір).*

**СӘРУИ** сын. ескі кіт. *Сымбатты, көркем.*

**СӘРШЕ** сын. ескі кіт. *Жирен.*

**СӘРІ**[1] [ар. سهر] зат. **1.** *Таң бозарып келе жатқан алагеуім кез.*

**Сәрісі өтті.** поэт. окказ. *Балалығы алыста қалды, егде тартты, жасы ұлғайды.*

**СӘРІ**[2] зат. көне. этн. *Жамбы, қойтұяқтан кіші, мысқалдан үлкен ертеректегі қазақ қоғамында ақша ретінде қолданылған ұсақ күміс теңге.*

**СӘРІ**[3]**: бір сәрі.** *Өз алдына, орны басқа, жөні бөлек.*

**СӘСКЕ** зат. *Күн арқан бойы көтерілген кез.*

**Сәске махал.** көне. *Күн ұясынан көтеріліп қыза бастаған шақ, сәске мезгіл.* **Сәске мезгіл.** *Күн арқан бойы көтерілген, таң қызғаннан тал түске дейінгі шақ.* **Сәске түс.** *Күннің арқан бойы көтерілген кезі.*

**СӘСКЕЛЕТЕ** үст. *Күн арқан бойы көтерілген кезде, сәскеге таман.*

**СӘСКЕЛЕТІП** үст. *Күн арқан бойы көтерілгенде, сәске кезінде.*

**СӘСКЕЛІК** зат. **1.** *Күн арқан бойы жоғары көтеріліп қалған шақ.* **2.** *Сәске кезінде берілетін тамақ.*

**Сәскелік ас.** *Сәске кезінде ішетін тамақ.* **Сәскелік жер.** халықтық өлшем. *Сәскеге дейін жететіндей қашықтықтағы жер.*

**СӘТ** зат. **1.** *Иінді бір мезет; белгілі бір қысқа кез.* **2.** *Істің қолайлы орайы, оңтайы.* **3.** *Кез, кезең, шақ, мезгіл.* **4.** сөйл. тілек. ***Іске сәт.***

**Сәт сағат.** *Ыңғайы келген, оңтайлы кез.* **Сәт санап.** *Барған сайын, күннен-күнге.* **Сәт сапар.** тілек. *Жолың оңынан болсын деген мағынадағы жолаушыға, сапарға шыққан адамға айтылатын лебіз.* **Сәт сапар тіледі.** *Жолы болуын қалап, ақ ниетін білдірді.* **Сәт тіледі.** *Ақ жол тіледі, жол болсын айтты.* **Сәтін бақты.** *Орайын күтті, реті келетін шақты тосты.* **Сәті болды.** *Істің орайы келді, сәті түсті.* **Сәті туды.** *Орайы келді, кезі келді.* **Сәті түсті [келді].** *Реті болды, орайы келді.*

**СӘТЕН** зат. *Сапалы мақта жібінен тығыз етіп тоқылған жылтыр мата. // Сәтеннен тігілген.*

**СӘТИМОЛИТ** зат. геол. *Бораттар тобына жататын түсі ақ минерал.*

**СӘТИПА** зат. жерг. *Әйелдер киетін жеңі шолақ сырт киім, қамзол.*

**СӘТПАЕВИТ** зат. геол. *Ванадаттар класына жататын минерал.*

**СӘТСІЗ** сын. *Діттегендей, ойдағыдай емес.*

**Сәтсіз жол.** *Қиындығы, кедергісі, адасуы көп өмір.* **Сәтсіз кез.** *Жеңіліс тапқан, діті орындалмаған шақ.*

**СӘТСІЗДЕУ** сын. *Нәтижесі діттегіден, ойдағыдан әлсіздеу.*

**СӘТСІЗДІК** зат. *Іс-әрекет ойдағыдай, діттегідей болмай шыққандық, жолы болмаушылық.*

**СӘТТАР** [ар. ستار] зат. діни. *Айыпты жабушы, кешірімді деген мағынадағы Алланың бір есімі.*

**СӘТТЕ** үст. *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.*

**СӘТТІ** сын. *Ойдағыдай, орайлы, ұтымды, қолайлы.*

**Сәтті күн.** *Ертеден бері келе жатқан наным бойынша, ісі оңға басады, жолы болады деп саналған аптаның үшінші күні, сәрсенбі.*

**СӘТТІК** сын. *Қас қаққандай ғана, бір демдік, қысқа уақыттық.*

**СӘТТІЛІК** зат. *Ойдағыдай болған жетістік.*

**СӘТІМЕН** үст. *Оңынан, жөн-жосығымен, ретімен, уақытында, дер кезінде.*

**СӘУДА** зат. ескікіт. *Қайғы, жаманат.*

**СӘУДЕГЕР** зат. сөйл. ***Саудагер.***

**СӘУДЕГЕРДЕЙ** сын. *Саудагер сияқты, саудагер тәрізді.*

**СӘУЕ** зат. көне. *Болжау, болатын істі алдын ала білушілік.*

**СӘУЕГЕЙ** [ир. ثناگوی] сын. *Алдын ала болжай алатын, болашақты болжап біле алатын көріпкел.*

**СӘУЕГЕЙЛЕН=** ет. *Алдын ала болжап білгенсу, әулиесіну.*

**СӘУЕГЕЙЛЕНУ** *Сәуегейлен етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЕГЕЙЛІК** зат. *Алдағыны болжағыштық, көріпкелдік.*

**Сәуегейлік айтты [қылды].** *Болашақты болжады, көріпкелдік жасады.* **Сәуегейлік етті.** *Әулиелік жасады, білгірсідi.*

**СӘУЕГЕЙСУ** *Сәуегейсі етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЕГЕЙСІ=** ет. *Алдағыны болжап білгенсу, көріп келгенсу, көрегенсіну.*

**СӘУЕГЕЙСІН=** ет. *Сәуегей болғансу.*

**СӘУЕГЕЙСІНУ** *Сәуегейсін етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУКЕЛЕ** зат. этн. *Дәстүр бойынша, қазақ қыздарының ұзатыларда киетін төбесі биік, асыл тастармен әшекейленген сәнді баскиімі [Сәукелені қалыңдық келіншек болғанға дейін, яғни бала сүйгенге дейін киіп жүрген, оның арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ бет жақтауы, алдында бетмоншағы және артқұлағы болады, ақ киізден тігіліп, өн бойы қымбат күрең немесе шымқай қызыл барқытпен қапталып, жиегіне құндыз, кәмшат терілерінен жұрын ұсталады, оқамен оюланып, түрлі-түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады, бұл баскиім қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналатындықтан, ол өлгеннен кейін сәукелесі төркініне қайтарылады].*

**Сәукеле байғазысы.** этн. *Сәукеле кигізу салтында күйеу жақтан келген құдалардан көрімдікке алатын кәдесый.* **Сәукеле кигізу.** этн. *Қалыңдық болған қыздың үйіне құда-құдағилар шақырылып, қыздың алғаш рет сәукеле киюіне шашу, байғазы беру сияқты кәделермен, бата жасаумен ерекшеленетін салт.*

**СӘУКЕЛЕДЕЙ** сын. *Сәукеле сияқты, әсем, көркем.*

**Сәукеледей жарастырды.** бейн. *Келісті, әсем етіп қондырды.*

**СӘУКЕЛЕЛІ** сын. *Сәукелесі бар, сәукеле киген.*

**СӘУКІМ: сәукім салды.** көне. ескікіт. *Сайран салды, сайрандады.*

**СӘУЛЕ** зат. **1.** *Шашырап түскен жарық, нұр.* **2.** физ. *Бойымен нүктелік жарық көзінен немесе дыбыс көзінен шыққан энергия ағыны таралатын сызықты көрсететін геометриялық оптиканың және геометриялық акустиканың ұғымы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің жылт еткен нышаны, елесі.* **4.** ауыс. *Жете, түйсік, сана, ақыл, ой.* **5.** ауыс. *Зор тұлғаның, білімді, өнегелі адамның үлгісі.* **6.** ауыс. *Сұлулық, көрік, жарқыраған әсемдік.* **7.** ауыс. *Тығырықтан шығу жолы, ақ, адал жол, тура жол.* **8.** ауыс. *Бағыт, нысана.*

**Сәуле берді.** *Жылтырады.* **Сәуле жарқылының зақымы.** әск. *Негізгі көзі отты жар немесе жартышар болып табылатын ядролық жарылыс қуатының 40 пайызы кететін зақымдаушы фактор.* **Сәуле жұту.** физ. *Дененің сәулені сіңіру.* **Сәулемен емдеу.** мед. <лат. radius – сәуле, грек. therapeia – емдеу> *Әртүрлі иондағыш сәулелерді емдік мақсатта пайдалану.* **Сәуле септі.** *Жарық түсірді, сәуле шашты.* **Сәуле сыну көрсеткіші.** физ. *Жарық сәулесінің ауадағы жылдамдығы бірге тең деп алынған жағдайда сол сәуленің нақтылы заттан өту жылдамдығына қарама-қарсы шама (n).* **Сәулесін өшірді.** *Үмітін үзді, үмітін ақтамады.* **Сәулесін түсірді.** поэт. *Өмірін жарқын етті, жылуын шашты, мейірімін төкті.* **Сәулесі өшті.** поэт. *Үміті үзілді, арманы орындалмады.* **Сәулесі түсті.** *Елестеді, сезілді.* **Сәуле тәрізді сутартқы.** геол. *Сутартқының шахталық құдық пен сулы қабаттың әр жағына қарай қазылған көлбеу ұңғымалармен қиыстырылған түрі.* **Сәуле торы.** анат. *Шағылысқан сәулелерді миға арналған сигналдарға айналдыратын, оларды әртүрлі түске сындыруға жауап беретін көздің артқы бөлігі, құрылысының бір элементі.* **Сәуле шашты.** *Ұмтылдырды, алға жетеледі, үмітін өшірмеді, қуанышты болды.* **Сәуле шығару [шашу].** физ. *Белгілі бір заттың жан-жағына шашыраңқы жарық сәулелерін шығару құбылысы.* **Сәуле шығару мөлшері.** физ. *Радиоактивті кезден түсетін иондайтын сәуле шығару энергиясының саны.*

**СӘУЛЕАУРУ** зат. мед. *Денеге өткен әртүрлі иондаушы сәулелердің әсерінен болатын қатерлі сырқат.*

**СӘУЛЕГҮЛ** зат. өс. <лат. helianthemum> *Шегіргүлдер қатарына, ладандықтар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік, жартылай бұта.*

**СӘУЛЕДЕЙ** сын. *Сәуле сияқты, сәуле тәрізді.*

**СӘУЛЕЖАНЫМ** зат. экспр. *Сүйіктім, қалқам деген мағынадағы ғашық қызына қарата айтылатын еркелету мәнді атауыш сөз.*

**СӘУЛЕЖОЛ** зат. физ. *Жарықты белгілі бір бағытта таратуға арналған оптикалық жүйе элементі.*

**СӘУЛЕҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. actinopterygii> *Көкірек қанаттарының қауырсындары бірден иық белдеуіне бекитін сүйекті балықтар класының бір класс тармағы.*

**СӘУЛЕЛЕ=** ет. *Сәулесін түсіру, жарқырау.*

**СӘУЛЕЛЕН=** ет. **1.** *Сәуле түсірілу, жарықтану.* **2.** *Жарқырау, жап-жарық болу.* **3.** ауыс. *Қанаттану, нұрға, жан жылуына бөлену.* **4.** ауыс. *Еске оралу, жылы сезімдерді еске түсіру.*

**СӘУЛЕЛЕНДІР=** ет. **1.** *Жарықтандыру, сәуле түсіру.* **2.** ауыс. *Ерекше қуаныш сезімге бөлеу.*

**СӘУЛЕЛЕНДІРУ** *Сәулелендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәуле шашырату.* **2.** терм. *Өнімдерді микроағзаларға әсер ететін сәулелердің күшімен зарарсыздандыру.*

**СӘУЛЕЛЕНДІРІЛ=** ет. *Жарықтандырылу, сәуле шағылыстырылу.*

**СӘУЛЕЛЕНДІРІЛУ** *Сәулелендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЛЕЛЕНУ** *Сәулелен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәуленің шағылысуы.* **2.** мед. *Иондаған сәулелердің зиянды әсеріне шалдығу.* **3.** физ. *Тірі ағзаларға сәуле шығарудың кез келген түрімен әсер ету.*

**Сәулелену ауруы.** мед. ***Сәулеауруы*** *(иондаған сәулелердің зиянды биологиялық әсерінен туатын аурулар).* **Сәулелену мөлшері.** физ. *Радиобелсенді көзден сәуле шығу шамасы.*

**СӘУЛЕЛЕУ** *Сәулеле етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЛЕЛЕУШ** сын. физ. *Сәуле шығарғыш қасиеті бар.*

**СӘУЛЕЛІ** сын. **1.** *Сәуле шашқан, жарығы мол, нұрлы, жарқыраған.* **2.** ауыс. *Көңіл ұйытатындай тартымды, әсерлі.* **3.** ауыс. *Ақылды, зерек, ойлы.*

**Сәулелі итошаған.** өс. <лат. bidens radiata>. *Күрделігүлділер тұқымдасы итошаған туысына жататын өсімдік түрі.* **Сәулелі күн.** поэт. *Жарқырап, жан-жағына жарық, жылу шашқан.* **Сәулелі кісі.** *Көзі ашық, оңы мен солын ажырата білетін, сезімтал адам.* **Сәулелі саңырауқұлақтар.** биол. <лат. actinomycetes, грек. actis – сәуле, myces – саңырауқұлақ> *Жасушалар немесе нығыз тармақталатын жіпшелер түзетін бактериялар қатары.* **Сәулелі симметрия.** биол. *Ағзаның денесінен ось арқылы көп симметрия жазықтығын жүргізуге болатын және бұл жазықтықтардың әрқайсысы денені бірдей екі жартыға бөлетін симметрия.* **Сәулелі тәж.** зоол. <грек. corona radiata, corona – тәж, radiata – сәулелі> *Сүтқоректілер аналық, жыныс жасушалары құрылысындағы құрылым.* **Сәулелі толқындар.** физ. *Жарық толқындары.*

**СӘУЛЕЛІК** сын. *Сәулеге қатысты, соған тән.*

**Сәулелік ластану.** экол. *Жасанды сәуленің әрекеті нәтижесінде жергілікті жердің табиғи жарықтануының бұзылуы, соның салдарынан өсімдіктер мен жануарлардың күнделікті тіршілігінің қалыптан тыс күшті ауытқуы.* **Сәулелік терапия.** мед. *Медицинаның ауруларды сәулемен емдеу саласы.*

**СӘУЛЕЛІЛЕР** зат. зоол. *Жеті мыңнан аса түрі бар, теңіздерде ғана тіршілік ететін қарапайымдардың класс тармағы.*

**СӘУЛЕМ** зат. экспр. **1.** *Қарағым, қалқам, жарығым деген мағынадағы ер адамның сүйікті қызына, әйел адамға, қыз балаға қарата айтылатын еркелету мәніндегі атауыш сөз.* **2.** *Сүйіктім, сүйген қызым, жарым.* **3.** *Кішкентай қыз баланы еркелету мағынасында қолданатын атауыш сөз.*

**СӘУЛЕ-НҰР** зат. *Жарық сәуле, шашылған нұр.*

**СӘУЛЕСІЗ** сын. **1.** *Жылт еткен жарығы жоқ, қараңғы.* **2.** ауыс. *Түйсіксіз, санасыз; ойсыз, биік мақсатсыз.*

**СӘУЛЕТ** зат. **1.** *Қуат, күш, айбындылық.* **2.** *Сән-салтанат, көрік, безендірілген бағалы сәнділік.* **3.** *Жарасым, келісті көріктілік, салтанаттылық, сырбаздық.* **4.** құр. <лат. architectures> *Адамдардың өмірі мен тіршілік қарекетіне қажетті материалдық түрғыда ұйымдастырылған орта құрайтын ғимараттар мен басқа да құрылыстар; арналу мақсатына, қоғамның техникалық мүмкіндіктері мен эстетикалық көзқарас-талғамдарына сай келетіндей ғимараттар мен олардың кешендерін жобалау және салу өнері.* **5.** *Көзтартар әсемдік, еліктірер қызық, думан, таңсық дүние.*

**Сәулет әлемі.** *Сәулет өнерінің дүниесі.* **Сәулет құрды.** *Сән-салтанатымен, әсемпаздығымен, асқан байлығымен көрінді.* **Сәулет өнері.** өнер. *Қоғамның эстетикалық көзқарастарына сәйкес құрылыстар мен олардың кешендерін жобалау мен тұрғызу өнері; архитектура.*

**СӘУЛЕТАЙ** зат. экспр. **1.** *Сүйіктісіне жігіт тарапынан айтылатын қалқатай мағынасындағы қаратпа атауыш.* **2.** *Жігіттің, ер адамның сүйіктісі, сүйген жары.*

**СӘУЛЕТАЙЫМ** зат. экспр. *Сүйіктісіне жігіт тарапынан айтылатын еркелету мәніндегі қаратпа атауыш.*

**СӘУЛЕТ-ДИЗАЙНЕРЛІК** сын. өнер. жаңа. *Сәулет өнеріне, безендіру өнеріне қатысты.*

**СӘУЛЕТКЕР** зат. *Сәулет өнерінің маманы, сәулетші.*

**СӘУЛЕТКЕРЛІК** зат. *Сәулеткер болушылық.*

**СӘУЛЕТ-КӨРКЕМӨНЕР** зат. *Сәулет және көркемөнер.*

**СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС** сын. *Қаланың немесе құрылыс кешенінің сәулеті мен құрылысына қатысты.*

**СӘУЛЕТАРАТҚЫШ** зат. физ. *Әртүрлі ұзындықтағы сәулелерді шашырататын құрал.*

**СӘУЛЕТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. radiolaria> *Жылы теңіздерде тіршілік ететін саркомастигофоралар типіндегі класс тармағы.*

**СӘУЛЕТСІЗ** сын. **1.** *Сән-көркі жоқ, ажарсыз.* **2.** *Сәулет өнерінсіз.*

**СӘУЛЕТТЕН=** ет. *Жайнап көркею, құлпыру, түрлену, көріктену.*

**СӘУЛЕТТЕНДІР=** ет. *Көріктендіру, әрлендіру, сәнін кіргізу.*

**СӘУЛЕТТЕНДІРУ** *Сәулеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЛЕТТЕНУ** *Сәулеттен етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЛЕТТЕУ** *Сәулетте етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУЛЕТТІ** сын. **1.** *Сәнді, әсем, көрікті.* **2.** *Биік талғаммен салынған, көркем.* **3.** ауыс. *Сән-салтанатты, көрікті.*

**СӘУЛЕТТІК** сын. *Сәулет өнеріне тән, биік талғаммен салынған.*

**СӘУЛЕТТІЛІК** зат. *Сәнділік, көркемділік, көріктілік, салтанаттылық.*

**СӘУЛЕТТІРЕК** сын. *Көркемдірек, сәндірек, әдемірек.*

**СӘУЛЕТШІ** зат. *Сәулет өнерінің маманы, тас қашап, құрылыс салудың шебері.*

**СӘУЛЕШ** зат. экспр. **1.** *Сәулетай, қалқаш деген мағынадағы ер адамның сүйікті әйеліне, қыз балаға қарата айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Сүйікті қыз, жар, сүйіктім.*

**СӘУЛЕШЕ** үст. *Сәуле сияқты, сәулеге ұқсап.*

**СӘУЛЕШІМ** зат. экспр. **1.** *Сәулетай, қалқаш деген мағынадағы ер адамның сүйіктісіне, қыз балаға қарата еркелете, меншіктей айтылатын қаратпа атауыш.* **2.** *Сүйіктім, таңдаған жарым (әйел, қыз туралы).*

**СӘУЛЕШЫҒАРҒЫ: изотропты сәулешығарғыш.** тех. *Электромагнитті қуатты барлық бағыттарға тарататын антенна.*

**СӘУЛЕШЫҒАРҒЫШ** сын. физ. *Сәуле шашыратқыш, сәуле таратқыш. // Сәуле шашыратқыш, сәуле таратқыш аспап, құрылғы.*

**СӘУЛЕШЫҒАРҒЫШТЫҚ** зат. физ. *Дененің сәуле шығару қабілеті.*

**СӘУЛІ** зат. *Далалы жердегі, жазықтағы биіктеу жер.*

**СӘУЛІМ** зат. *Дене бітімі сымбатты, бойшаң бойжеткен қыз. // Бой жетіп қалған, үлбіреген, жас (қыз).*

**Сәулім болды**. *Сымбатты болып бойжетті.*

**СӘУМЕҢ: сәумең қақты**. *Сөлпеңдеп ұзақ жүріске салды.*

**СӘУМЕҢДЕ=** ет. *Сөлпеңдеу, сөлтеңдеу.*

**СӘУМЕҢДЕУ** *Сәумеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СӘУРІК** зат. *Жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр.*

**Сәурік айғыр.** *Жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр.*

**СӘУРІКТЕЙ** сын. *Сәурік сияқты, сәурік тәрізді.*

**СӘУРІКТІК** зат. *Сәурікке тән қасиет.*

**СӘУІР**[1] зат. **1**. *Жазғытұрым кезіне сай келетін төртінші айдың арабша аты, көкек.* **2.** этн. *Жер қарайып, күн жылынған, жылы жаңбыр маусымына шақ келетін көктемгі амал.* **3.** *Сәуір амалы кезінде соғатын көктемгі жел.*

**Сәуірдің бұлтындай.** бейн. *Күн жылынған көктемгі шақтағы аспанда көп тұрып қалмайтын бұлттай өткінші, өзгермелі, өтпелі.*

**СӘУІР**[2] зат. астр. <лат. taurus> *Әлдебаран (Аль де Баран) жарық жұлдызы бар зодиактық шоқжұлдыз.*

**СӘУІР**[3] зат. жерг. *Түн немесе таң қараңғысы.*

**Сәуір салды**. *Түнделетіп жүрді.*

**СӘУІРШӨП** зат. өс. *Алтайда қарағай астында өсетін тамаққа дәмдеуіш ретінде қосатын жапырақ шөп түрі.*

**СӘХІЛ** [ар. سهل] сын. ескікіт. ***Сәһил.***

**СӘҺӘР** зат. көне. ***Сахар*** *(таңертең, таң атқан шақ).*

**СӘҺИЛ** [ар. ثقيل] сын. ескікіт. *Жаңылыс, қате, шатастыру.*

**СӘҺУ** [ар. سهو]**:сәһу сәждесі**. діни. *Намаз парызының не уәжіптерінің біреуі кешіктірілгенде немесе бір уәжіп тәрк етілгенде намазы бұзылмау үшін жасалатын сәжде.*

**СВАБТАУ** зат. тех. <лат. swabbing> *Поршень көмегімен мұнай өндіру әдісі.*

**СВАСТИКА** [санскр.] зат. **1.** *Ұштары сағат тілінің бойымен немесе оған қарсы бағытта иіліп келген айқыш түріндегі көне таңба.* **2.** тар. *Неміс фашистерінің таңбасы, белгісі.*

**СВЕКОЛЬНИК** ор. зат. тамақ. *Қызылшадан пісірілген салқын көже.*

**СВЕТОФОР** ор. зат. ***Бағдаршам***.

**СВИДЦЕР** зат. геол. *Бір орталықтан басталған, құрылысы әртүрлі кристалдардың дендриттерге ұқсас өсуі нәтижесінде дараланған бөлшектерінің аралықтарындағы жаппар жазықтықтары не сызат түріндегі жарықшақтар.*

**СВИНГ**[1] [ағыл. swing] зат. экон. *Екі тараптың келіскен тауар айналымы көлеміне белгіленген пайыздық қатынасы бойынша анықталатын клирингілік есеп айырысушы тараптардың өзара несие беру шегі.*

**СВИНГ**[2] зат. спорт. *Бокста қашықтан қапталдан ұру.*

**СВИТА** зат. геол. *Жергілікті стратиграфиялық бөлімшелердің көбіне литологиялық белгілері бойынша дараланатын негізгі бірлігі.*

**СВИТЕНЕР** зат. экон. *Бағалы қағаздар ұсынымын сатып алушыларға тартымдырақ ететін қосымша сапа.*

**СВИТЕР** [ағыл. sweater] зат. *Жүннен не мақтадан тоқылған алды жабық, тік жағалы жылы киім.*

**СВИТЧ**[1] зат. экон. **1.** *Бір міндеттемені жойып, екінші мәмілені жасасу.* **2.** *Клирингілік шоттағы қалдықты үшінші бір елге жеңілдікпен шегеру.* **3.** *Оқшауландырылған шотты пайдалану операциясы.*

**СВИТЧ**[2] [ағылш. switch] зат. экон. **1.** *Жеткізу мерзімін бір айдан екінші айға ауыстыру.* **2.** *Бір бағалы қағаздар мен валюталар түріндегі міндеттемелерді жойып, басқа мәміле жасасу.* **3.** *Клирингілік шоттағы қалдықты үшінші бір елге ресми бағаммен салыстырғанда жеңілдік жасалған бағам бойынша беру.*

**СВОП** [ағылш. swap] зат. экон. *Ұлттық валютаны шетелдік валютаға белгілі бір мерзімнен кейін қайта айырбастауға міндеттеніп айырбастау операциясы.*

**СВОПТЫҚ** сын. экон. *Свопқа қатысты, свопқа тән.*

**Своптық мөлшерлеме.** экон. *Бүгінгі бағам мен банктер мерзімдік мәміле жасасуға дайын бағам.*

**СВЯЩЕННИК** зат. діни. *Христиан дініндегі дінбасы.*

**СЕАНС** [франц. seance] зат. **1.** *Белгілі бір уақыт ішінде болатын істің, шараның бір-бірінен аралығын алшақтатпай көрсетудің не орындаудың реті, жөні.* **2.** инф. <ағыл. session> *Жауаптасу жүйесі мен пайдаланушының жүйеге кіруден бастап одан шыққанға дейінгі әрекеттесуі.* **3.** инф. *Мәліметтер алмасу үшін екі жұмыс бекетінің арасындағы логикалық желілік байланыс.*

**СЕАНСТЫҚ** сын. инф. *Сеансқа қатысты, сенасқа тән.*

**Сеанстық деңгей.** инф. *Есептеу желісі бекеттері жүргізіп жатқан жауаптасуды ұйымдастыруға және үйлестіруге арналған ашық жүйе әрекеттестігі үлгісінің бесінші деңгейі.*

**СЕБЕБІ** шыл. *Өйткені, олай болғаны деген мағынаны білдіретін жалғаулық мәнді көмекші сөз.*

**СЕБЕЗГІ** зат. тұрмыс. <франц. douche> *Жуынып-шайынуға арналған, жоғарыдан су шашатын құрылғы.*

**СЕБЕЗГІЛЕ=** ет. сөйл. ***Себездеу***.

**СЕБЕЗГІЛЕТ=** ет. сөйл. ***Себездету***.

**СЕБЕЗГІЛЕТУ** *Себезгілет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЗГІЛЕУ** *Себезгіле етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЗДЕ=** ет. **1.** *Жайлап бүрку, баяулап жауу.* **2.** *Сәулесі әлсін-әлсін шашырап шығу, әлсіз жарқырау.*

**СЕБЕЗДЕУ** *Себезде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЗЕ** сын. *Ақырын бүркіген.*

**СЕБЕЗЕЛЕ=** ет. *Себездеу, ақырын бүрку.*

**СЕБЕЗЕЛЕУ** *Себезеле етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЛЕ=** ет. **1.** *Сұйық, нұр немесе ұн сияқты борпылдақ, ұсақ заттың жоғарыдан төмен қарай тоқтаусыз төгіліп, себездеуі.* **2.** *Үсті-үстіне борау, төгіп-төгіп жіберу.*

**СЕБЕЛЕК** зат. сөйл. ***Себезгі***.

**СЕБЕЛЕН=** ет. *Сұйық немесе ұн сияқты борпылдақ, ұсақ заттың жоғарыдан төмен қарай тоқтаусыз төгілуі, себезденуі.*

**СЕБЕЛЕНУ** *Себелен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЛЕТ=** ет. **1.** *Сұйық немесе ұн сияқты борпылдақ, ұсақ затты жоғарыдан төмен қарай тоқтаусыз төгілту, себездету.* **2.** ауыс. *Себу, тарату.*

**СЕБЕЛЕТКІЗ=** ет. *Төгілткізу, саулатқызу.*

**СЕБЕЛЕТКІЗУ** *Себелеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЛЕТУ** *Себелет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕЛЕУ** *Себеле етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕП** [ар. سبب] зат. **1.** *Бір құбылыстың болу-болмауына негіз болатын жайт.* **2.** псих. *Адамның қандай да бір әрекетіне, қимылына, мінез-құлқының көрінісіне түрткі болатын құбылыс, жайт.* **3.** *Сылтау, көңілі қаламаған істі орындамауға негіз болатын жайт.* **4.** *Көңілі қалаған істі орындауға табылмай жүрген немесе табылған негіз, орай.* **5.** *Жағымсыз жағдай, оқиға, құбылыстың туындауына әкеп соқтырған қолайсыз, теріс жайт, кесір.* **6.** жағымды. *Түрткі, дәнекер, негіз, дәйек.* **7.** ауыс. *Сеп, жәрдем, қолдау.*

**Себебін тигізді**. *Жамандықтың алдын алуға түрткі болды, сеп болды, оң әсер етті.* **Себебін іздеу.** *Уәжін табуға тырысу.* **Себеп [бағыныңқылы] бағыныңқы [сабақтас сөйлем].** лингв. *Басыңқының алдында келіп, баяндауышы тиянақсыз формада тұрып байланысқан сөйлем.* **Себеп болды.** *Әсер етті, жәрдемдесті.* **Себеп пен салдар**. филос. *Бір құбылыстың екінші бір құбылысты қажетті түрде туындатуын көрсететін философиялық категория.* **Себеп пысықтауыш**. лингв. *Баяндауыш арқылы айтылған қимыл іс-әрекетінің себебін білдіретін пысықтауыш.*

**СЕБЕПКЕР** зат. **1.** *Бір нәрсенің болуына не болмауына себепші, дәнекер, жәрдемші адам, нәрсе т.б.* **2.** *Бір істің болуына кінәлі, айыпты адам, нәрсе т.б.*

**СЕБЕПКЕРЛІК** зат. *Бір нәрсенің болу-болмауына дәнекер болушылық.*

**СЕБЕП-САЛДАР** зат. *Бір нәрсеге ұйтқы, түрткі болған іс-әрекет және сол әрекеттің нәтижесі.*

**Себеп-салдар салалас**. лингв. *Бірнеше жай сөйлемдердің бір-бірімен себептес болып құрмаласқан және ондағы жай сөйлемдердің бірі салдар, бірі себеп болып ұласатын сөйлем.* **Себеп-салдар үстеулері**. лингв. *Амалдың себебін я салдарын білдіретін үстеулер.*

**СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ** сын. *Себеп пен салдары бірге көрсетілген, екеуіне бірдей қатысты.*

**СЕБЕП-СЕБЕПСІЗ** сын. сөйл. ***Себептен-себепсіз***.

**СЕБЕП-СЫЛТАУ** зат. *Жағымсыз, қаламаған бір істің болу-болмауының негізі, сылтауы.*

**СЕБЕПСІЗ** сын. *Ешбір негізсіз, жайданжай, дәлелсіз, // Бекерге, босқа.*

**СЕБЕПСІЗДІК** зат. *Негізсіздік, себебі жоқтық.*

**СЕБЕПТЕН** шыл. *Есімше тұлғалы немесе тұйық етістік тұлғалы сөзбен тіркесе келіп со-*

*лай болғандықтан, сондықтан деген мағынаны білдіретін көмекші сөз.*

**СЕБЕПТЕН-СЕБЕПСІЗ** сын. экспр. **1.** *Бекерден бекер, бостан босқа, еш себепсіз.* **2.** *Жазықсыз, нақақтан-нақақ.*

**СЕБЕПТЕС** сын. *Бір амалдың жүзеге асу я аспауына ортақ.*

**Себептес салалас [сөйлем]**. лингв. *Құрамындағы жай сөйлемдері өзара себеп-салдарлық қатынасқа құралған салалас құрмалас сөйлем.*

**СЕБЕПТЕС=** ет. *Бір нәрсенің іске асуына негіз, түрткі болу.*

**СЕБЕПТЕСТІК** зат. *Өзара байланыстық, сабақтастық.*

**СЕБЕПТЕСУ** *Себептес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБЕПТІ** сын. *Себебі бар, негізді.*

**СЕБЕПТІЛІК** зат. *Себебі болушылық, негізділік, түрткілік.*

**Себептілік принципі [заңы].** физ. *Оқиғалардың бір-біріне әсерінің шегін межелейтін, яғни берілген оқиғаның одан бұрынғы оқиғаларға әсері болмайтындығын көрсететін жалпылама принцип, заң.*

**СЕБЕПТІ-СЕБЕПСІЗ** сын. *Белгілі-белгісіз, дәйекті-дәйексіз.*

**СЕБЕПШАРТ** зат. кіт. **1.** ***Түрткіжайт.*** **2.** хим. *Белсенді соқтығысулар теориясындағы белсендірілген кешен түзуге қолайлы бағдарланған молекулаішілік қозғалыстардың ықтималдығын көрсететін шама.*

**СЕБЕПШІ** зат. *Бір нәрсенің болу-болмауына себепкер; әсер етуші.*

**СЕБЕПШІЛ** сын. *Себеп айта беретін, сылтаушыл.*

**СЕБЕСІН** зат. жерг. *Сеп, жәрдем.*

**СЕБЕТ**[1] зат. **1.** *Зат салу үшін жіңішке жас шыбықтардан өріп тоқыған тор қалта.* **2.** инф. <ағыл. recycle bin> *Жойылатын файлдарды сақтау функциясына сәйкес келетін экрандық таңбаша.*

**Себет гүлшоғыры**. бот. ***Себетгүл.***

**СЕБЕТ**[2] зат. көне. *Сөз, хабар, ақпарат, мәлімет.*

**СЕБЕТБАС** зат. өс. *Қызғылт күрең гүлі бар көпжылдық өсімдік.*

**СЕБЕТГҮЛ** зат. бот. *Ұсақ гүлді өсімдіктердің гүлдері орналасатын тостағанша сияқты жиегін жапырақ қоршап тұратын құрылымдық бөлігі, қысқарған, жуан, жалпақ негізгі гүлсағағына ұсақ гүлдер орналасқан гүлшоғыр.*

**СЕБЕТШЕ: себетше жасуша.** биол. *Мишықтың сұр затында және кейбір бездердің секреторлық бөлімдерінде кездесетін торшалар.*

**СЕБОРЕЯ** [лат. sebum – май, грек. rheo – ағамын] зат. мед. *Май бездері қызметінің бұзылуы салдарынан болатын тері ауруы.*

**СЕБУ** *Сеп етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дән егу.* **2.** *Шашу, төгу, себелеу.*

**СЕБІЛ** зат. көне. экон. *Көне қару-жарақ түрі.*

**Себіл тон.** көне. этн. *Батырдың сауытының түрі, оқ өтпейтін киім.*

**СЕБІЛ=** ет. **1.** *Егілу, шашылу, отырғызылу.* **2.** *Саулау, шашырау, төгілу.*

**СЕБІЛУ** *Себіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Егілу, отырғызылу.* **2.** *Шашылу, сөгілу.*

**СЕБІН=** ет. *Жағыну, өзіне шашу, себу.*

**СЕБІНУ** *Себін етістігінің қимыл атауы.*

**СЕБІС=** ет. *Бірге егісу.*

**СЕБІСУ** *Себіс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕВИЛЕН** зат. хим. *Қабықшалар, жұмсақ шлангалар, қуысты заттар.*

**СЕВИН** зат. вет. *Аса уытты инсектицид.*

**СЕГМЕНТ** [лат. segmentum] зат. **1.** кіт. *Бөлік, құрамдас бөлшек.* **2.** мат. *Қисық сызықпен оның хордасы арасында шектелген жазық фигура.* **3.** инф. *Жедел жадтағы бірін-бірі жабатын бір деңгей тармақтарының оверлейлік құрылымды бағдарламадағы тобының бірі.* **4.** инф. *Буферде орналасатын хабардың бөлігі.* **5.** инф. лингв. *Сөйленістің функционалды бірліктері.*

**СЕГМЕНТТЕЛ=** ет. **1.** *Сегментке жіктелу.* **2.** лингв. *Сөздің, сөйлеудің мағыналық бірліктерге жіктелуі.*

**СЕГМЕНТТЕЛУ** *Сегментел етістігінің қимыл атауы;* лингв. *Сөйленістің өз ішінде әртүрлі функционалдық бірліктерге жіктелуі.*

**СЕГМЕНТТІ** сын. кіт. *Бөлшекті, сегментке жіктелген.*

**СЕГМЕНТТІК** сын. кіт. *Сегментке қатысты, сегментке тән.*

**Сегменттік фонетика**. лингв. *Сөз ағымының дыбыстық мағыналық бірліктерін, олардың безендірілуі мен ұйымдасуын зерттейтін фонетика саласының тармағы.*

**СЕГНЕТОЭЛЕКТР** зат. физ. *Белгілі бір температуралар аралығында өздігінен пайда болатын (электр өрісі жоқ кезде) электрлік поляризацияға ие заттар.*

**СЕГРЕГАЦИЯ** [лат. segregatio] зат. **1.** геол. *Магма есебінен қалыптасқан тауҗыныстар арасында қалыптасу уақыты жағынан алғаш түзілген кристалдарды біріктіретін шоғыр.* **2.** геол. *Ылғалданған таужыныстар тоңданғанда құрамындағы су тамшыларынан қалыптасқан таза мұз кристалдары.* **3.** кен. *Ірілігіне, тығыздығына және пішініне байланысты жіктелген сынаша материалдың түйірлері.* **4.** әлеум. *Топтар арасындағы байланыстарға ішінара не толық тыйым салынып, өмірлік қарекет салаларының шектелуі талап етілетін адамдардың қоғамда әлеуметтік мәртебелерінің айырым белгісі бойынша санаттарға бөліну үдерісі.* **5.** экол. *Популяциялардың биоценозға, дарақтардың популяцияға және т.б. еніп кірігуіне кедергі жасайтын экологиялық түрткіжайт.*

**СЕГУН** жап. зат. тар. *Жапон билеушілерінің әскери-феодалдық мәртебесі.*

**СЕГІЗ** сан. **1.** *Жетіден кейінгі, тоғыздан бұрынғы есептік сан.* **2.** сөйл. *Жеті мен тоғыз жастың аралағындағы кезең.* **3.** сөйл. *Тәуліктегі жиырма төрт сағаттың таңғы немесе кешкі жеті мен тоғыздың арасындағы уақыты.*

**Сегіз арыс**. этн. *Сегіз ру-тайпадан тұратын, сегіз атадан тараған ел.* **Сегіз батпан.** экспр. *Зілдей, аса ауыр, салмағы үлкен.* **Сегіз бүт, сексен қадақ**. бейн. *Тым қиын, күрделі; ауыр деген мағынада.* **Сегіз жаннат [ұжмақ]**. діни. *Діни аңыз бойынша, осы дүниедегі сынақтан өткен Алланың құлдарына Алладан нәсіп етілген сауапты істеріне, имандылық деңгейіне қарай бөлінетін мәңгілік рақат өмір суретін о дүниедегі жаннаттың түрлері.* **Сегіз кессе, сіркедей қан шықпайды**. *Безеріп қалған, қатыгез.* **Сегіз қанат орда [үй]**. этн. *Керегесі сегіз болатын үлкен киіз үй.* **Сегіз қиыр шартарап.** *Күллі әлем, дүниенің төрт бұрышы.* **Сегіз қырлы, бір сырлы.** *Ішкі жан-дүниесі мазмұнды, бойында талай өнер-қабілет бар болса да, сабырлы, қарапайым (адам).* **Сегіз қырлы найза.** этн. *Ұшы сегіз қырлы, сабы ұзын түйреуге арналған батырдың бес қаруының бірі.*

**СЕГІЗАЯҚ**[1] зат. зоол. <лат. ostopoda> *Аяқ сияқты сегіз тармақты мүшесі бар теңіз жәндігі.*

**СЕГІЗАЯҚ**[2] зат. әдеб. *Қазақ өлеңіне Абай тыңнан қосқан әрқайсысы сегіз жолдан тұратын шумақ өрнегі.*

**СЕГІЗБҰРЫШ: сегізбұрыш бедиян.** өс. *Ақшыл сары гүлі бар, тұқымының қабығынан дәрі жасалатын, иісі жағымды, жапырақ төгетін ағаш жеміс.*

**СЕГІЗДІК** зат. **1.** *Көптеген елдерде қалааралық, халықаралық, сондай-ақ ұялы байланыс желісіне шығу үшін телефон түймэтақтасынан терілетін сан.* **2.** *Сегіз санының арабша таңбасына ұқсас иіліп келген белгі, сурет, пішін.* **3.** спорт. *Біріншіден бастап сегізіншіге дейінгі орындар сарапқа салынатын ширек финалдық жарыс немесе осы жарыста іріктелген спортшылар мен командалар.* **4.** саяси. жаңа. ***Үлкен сегіздік.*** **5.** инф. *Сегіздік жүйеге қатысты таңба.* **6.** сөйл. *Карта ойынындағы жетіліктен кейінгі қағаз.* **7.** спорт. *Сапта жұптасып болып бірбірлеріне қарсы тұрған екі шеңбер.*

**Сегіздік жүйе**. инф. *Кез келген сандық мә-ліметтерді бірден сегізге дейінгі сандармен өр-нектеу жүйесі.*

**СЕГІЗЖАҚ** зат. геом. <лат. octahedron> *Алты төбесі, он екі қабырғасы, сегіз қыры бар көпбұрышты геометриялық кеңістіктік фигура.*

**СЕГІЗЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Бояушөптің сегізжапырақты түрі.*

**СЕГІЗЖЫЛДЫҚ: сегізжылдық мектеп.** пед. *Оқу үдерісі сегізінші сыныппен бітетін орталау оқу орны.*

**СЕГІЗКӨЗ** зат. **1.** *Белдің төменгі тұсы мен жамбас сүйектерінің жалғасқан аралығы.* **2.** анат. <лат. sacrum> *Құйымшақ омыртқаларының бір-бірімен сүйектене байланысуы нәтижесінде түзілген сүйек.*

**СЕГІЗМҮЙІЗ** зат. өс. <лат. octoceras> *Қырыққабат тұқымдасына жататын төменгі жағындағы жапырақтары үлкен, жоғары жағындағылары кішілеу сопақша, гүлдері ұсақ, Иран мен Орта Азияда көп таралған біржылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕГІЗМЫҢДЫҚТАР** зат. *Биіктігі теңіз деңгейінен 8000 м-ден асатын тау шыңдары.*

**СЕГІЗӨРІМ** зат. этн. *Сегіз сана таспадан өрілген қалың, берік қамшы.*

**СЕГІЗСАЙ** зат. этн. *Төбесі сегіз бөлік болып тігілген (баскиім).*

**СЕГІЗТАРМАҚ** зат. әдеб. *Қазақ поэзиясында лирикалық өлеңдерде қолданылатын шумақ өрнегі.*

**СЕГІЗТАРМАҚТЫ** сын. әдеб. *Сегізтармақ үлгідегі, сегізтармақ сипаттағы, сегіз тармағы бар.*

**СЕГІЗ-ТОҒЫЗ** сан. *Шамамен сегіз немесе тоғыз.*

**СЕГІЗІНШІ** сан. *Жетіден кейінгі, тоғыздан бұрынғы реттік сан.*

**СЕДАЛЬГИН** зат. мед. *Артрит, бас сақинасы, құяңда т.б. ауруларда ішетін дәрі.*

**СЕДИ** зат. экон. *Гена ақша бірлігі.*

**СЕДИМЕНИОЛОГИЯ** зат. геол. *Тұнба және шөгінді жыныстардың түзілуі жайлы ғылым.*

**СЕДИМЕНТАЦИЯ** [лат. sedimentum] зат. экол. *Судағы не газдағы салынды қатты бөлшектердің ауырлық күшінің әсерімен тұнуы.*

**Седиментация алабы.** геол. *Шөгінді жиналу алабы, шөгінді жиналатын немесе жиналған (геологиялық өткен кезеңдерде) сушара (қазіргі, бұрынғы).* **Седиментация константасы.** физ. *Седиментация жылдамдығының центрден тепкіш үдеуге қатынасы.*

**СЕДИМЕНТОГЕНДІК** [лат. sedimentum – шөгу, тұну, грек. genesis – пайда болу]: **седиментогендік су.** геол. *Диагенез және катагенез стадияларында әр дәрежеде өзгерген (метаморфизмге ұшыраған) шөгінділермен бірге көмілген су.*

**СЕДИМЕНТОГЕНЕЗ** зат. геол. *Шөгінділер түзілу үдерісі.*

**СЕДИМЕНТОМЕТРЛІК: седиментометрлік талдау.** геол. *Дисперсиялық жүйеде бөлшектердің өлшемі бойынша таралу функциясын табуға мүмкіндік беретін зерттеудің сандық әдістері, затты түйірөлшемдік талдаудың тиімді тәсілдерінің бірі.*

**СЕДИМЕНТТІК: седименттік доломиттер.** геол. *Негізінен ақшылтым сулы алаптарда химиялық тұнбалау нәтижесінде түзілген доломиттердің генетикалық типі.* **Седименттік қабаттамалану.** геол. *Қат-қабаттарға тән бітімдердің ішкі болмысы, яғни шөгінді таужыныстарға тән барша қабатшалардың, қабаттардың және қойнауқаттардың бір-бірімен қабаттала астасу пішіні.* **Седименттік тұрақтылық.** хим. *Майдалық ортаның бүкіл көлемінде майдалық фазаның біркелкі таралуын сақтайтын, майдалық жүйенің қабілеті.*

**СЕЗ=** ет. *Бір нәрсені іштей түсіну, сезім мүшелері арқылы аңғару, білу.*

**Сезбей қалды**. *Аңғармады, байқамады.*

**СЕЗГІР** с ы н. с ө й л. ***Сезгіш.***

**СЕЗГІРЛІК** з а т. с ө й л. ***Сезгіштік.***

**СЕЗГІШ** с ы н. *Бір нәрсенің рет-жөнін, байқағыш, аңғарғыш.*

**Сезгіш мұртшалар.** з о о л. *Буынаяқтылар-дың ауыз аппаратының (максиллалардың) жақ қармалауыштары.*

**СЕЗГІШТІК** з а т. **1.** *Іштей түсіне қоятын байқағыштық, аңғарғыштық.* **2.** п с и х о л. *Түйсінуге жалпы қабілеттілік.* **3.** п с и х о л. *Түйсіну табалдырығына кері пропорционал шама.* **4.** *Нәзіктік, тебіренгіштік.*

**СЕЗДІР=** е т. **1.** *Байқату, аңғарту.* **2.** *Сезім мүшелері арқылы тітіркендіріп белгі беру.* **3.** а у ы с. *Ым-ишара арқылы белгі беру.*

**СЕЗДІРТ=** е т. *Байқату, аңғарту.*

**СЕЗДІРТУ** *Сездірт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗДІРУ** *Сездір етістігінің қимыл атауы; байқату, аңғарту.*

**СЕЗУ** *Сез етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІК** з а т. *Бір нәрсеге күдіктенуден туған күмән, шүбә.*

**Сезік алған құландай**. б е й н. *Бір нәрседен қауіптенгендей күймен.* **Сезік алды**. *Күдіктенді, күмәнданды, шүбәланды.* **Сезік туды.** *Сезіктене бастады, күмән пайда болды.*

**СЕЗІКСІЗ** с ы н. **1.** *Күмәнсіз, шүбәсіз.* **2.** *Бәрінен бейхабар, алаңсыз.*

**СЕЗІКТЕН=** е т. *Әлденеден күдіктену, күмәндану, қауіптену.*

**СЕЗІКТЕНДІР=** е т. *Күдіктендіру, қауіптендіру.*

**СЕЗІКТЕНДІРУ** *Сезіктендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІКТЕНУ** *Сезіктен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІКТІ** с ы н. **1.** *Әлденеден секем алған, күдікті, күмәнді.* **2.** з а ң. *Қылмысқа қатысты, кінәлі ретінде күдікті болған.* // з а ң. *Қылмысқа қатыстылығы әлі дәлелденбеген, қылмыскер ретінде күдікті адам.*

**Сезікті секіреді**. *Күнәсі, айыбы бар адам жасырына алмайды, ұрының арты қуыс деген мағынада.*

**СЕЗІКШІЛ** с ы н. **1.** *Әр нәрседен секем алғыш, күмәндангыш, күдіктенгіш.* **2.** *Сезімтал, байқағыш, аңғарғыш.*

**СЕЗІКШІЛДІК** з а т. *Сезімталдық, сезгіштік, сезімпаздық.*

**СЕЗІЛ=** е т. *Байқалу, біліну, аңғарылу.*

**Сезілмейтін активтер.** э к о н. *Физикалық заттық нысаны жоқ, бірақ «сезілмейтін құндылық» сипаты бар және сол себепті фирмаға қосымша табыс әкелетін активтер.*

**СЕЗІЛУ** *Сезіл етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІМ** з а т. **1.** *Сыртқы дүние мен құбылыстардың әсерінің нәтижесіндегі адамның ішкі жан дүниесіндегі көңіл күй құбылысы.* **2.** п с и х. *Сыртқы тітіркендіргіштердің адамның сезім мүшелеріне әсерінен пайда болатын психикалық үдеріс.* **3.** *Түрліше түсінудің әсерінен пайда болатын түсінік, ұғым, ой.* **4.** *Көңілдің нәзік толқынысы елітіп, ләззатқа батыратын күйі.* **5.** а у ы с. *Ынтықтық, ғашықтық, құмартушылық.*

**Сезім биледі**. б е й н. *Көңіл толғанысына бағынды, ақылын-ойын сезім басқарды.* **Сезім буды.** *Сезім кернеді, сезім биледі.* **Сезімге енді [бөленді]**. б е й н. *Көңіл толғанысына бой алдырды, ерекше күйде болды.* **Сезім қармақ.** б е й н. *Ынтызарлық, құштарлық сезім.* **Сезім құрбаны**. б е й н. *Сезімнің жетегінде кетіп, ішкі толғаныстарға бой алдырған адам.* **Сезім мүшесі.** а) *Сыртқы дүниені, табиғатты танудың, құбылыстарды түйсіне білудің көзі.* ә) а н а т. <лат. organum sensuum> *Ішкі және сыртқы ортаның түрлі әсерлерін қабылдап, мидағы сезімтал талдау орталықтарына жеткізетін талдағыштардың шеткі бөлімі, рецепторлар.* **Сезімнің күнгейі.** *Көтеріңкі, көңілді шақ.* **Сезім оты**. б е й н. *Бойды, ақылды жаулап алған қатты көңіл толқынысы, ессіз ғашықтық.* **Сезім пернесі.** п о э т. *Көңіл күй, жан дүние, ішкі сезім.* **Сезім толқыны**. б е й н. *Көңіл тебіренісі.* **Сезім үйткуы.** *Жан тебіренісі, толқу.* **Сезімі қозды.** *Шабыттанды, әсерленді, махаббаты оянды.* **Сезімі оянды.** б е й н. а) *Түсінігі артты, ой-санасы жетілді, көзі ашылды.* ә) *Көңілінде ынтықтық, сүйіспеншілік пайда болды.*

**СЕЗІМДЕЙ** с ы н. *Сезім сияқты, сезім тәрізді.*

**СЕЗІМДЕР** з а т. п с и х. *Адамның айқын білінген заттық сипаты бар және біршама орнықтылығымен ерекшеленетін эмоциялық күйіну-сүйінулерінің айрықша түрі.*

**СЕЗІМДІ** с ы н. *Сезу қабілеті күшті, аңғарғыш, сезімтал.*

**СЕЗІМДІЛІК** з а т. *Тез аңғарып түсіне білгіштік, сезімталдық.*

**СЕЗІМПАЗ** с ы н. *Біле қоятын, сезімтал.*

**СЕЗІМПАЗДЫҚ** з а т. *Сезімталдық, қалт еткізбей біле қойғыштық, тез аңғарғыштық.*

**СЕЗІМ-СЕЗІКСІЗ** с ы н. *Айналадағыдан бейхабар, ешбір күмәнді ойы жоқ.*

**СЕЗІМСІЗ** с ы н. **1.** *Еш нәрсе әсер етпейтін, түйсігі жоқ, ойсыз.* **2.** а у ы с. *Қайырымсыз, мейірімсіз, енжар.* **3.** а у ы с. *Жансыз, өлі, санасыз.* // *Тасжүрек, ойсыз адам.*

**СЕЗІМСІЗДЕН=** е т. **1.** *Сезу қабілетінен айырылу.* **2.** а у ы с. *Жүрегі қатаю, қатыгездену.*

**СЕЗІМСІЗДЕНДІР=** е т. *Сезім қабілетінен айыру.*

**СЕЗІМСІЗДЕНДІРУ** *Сезімсіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІМСІЗДЕНУ** *Сезімсізден етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІМСІЗДІК** з а т. *Сезімі жоқтық, түйсіне алмаушылық, түйсіксіздік.*

**СЕЗІМТАЛ** с ы н. *Өте нәзік нәрсені тез аңғара қоятын, тез түсіне білетін, байқампаз.*

**Сезімтал жүйке ұштары.** а н а т. <лат. re-ceptores> *Жүйке талшықтарының соңғы сезгіш ұштары.* Сезімтал элемент. х и м. *Басқа әсерлердің ішінен белгілі әсерлерді бөліп қабылдайтын тетік.*

**СЕЗІМТАЛДЫҚ** з а т. **1.** *Сезгіштік, бірден біле қойғыштық, байқағыштық.* **2.** б и о л. *Тірі ағзалардың ішкі және сыртқы ортаның алуан түрлі тітіркендіргіштерінің әсерін сезіну қабілеттіліктері.* **3.** э к о л. *Ағзаның мекендеу ортасындағы тұрткіжайттар өзгерістеріне жауап қайтару қасиеті.*

**СЕЗІМТАЛДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Сезім-талдық.***

**СЕЗІМШІЛ** с ы н. *Сезгір, көп нәрсені түй -сікпен білгіш.*

**СЕЗІМШІЛДІК** з а т. *Сезімге берілгіштік.*

**СЕЗІН=** е т. *Іштей түсіну, ұғыну.*

**СЕЗІНГІШ** с ы н. *Сезімтал, аңғарғыш, бай-қағыш.*

**СЕЗІНГІШТІК** з а т. *Тез түсіне қойғыштық, сезімталдық, аңғарғыштық.*

**СЕЗІНДІР=** е т. *Ұққызу, түйсіндіру.*

**СЕЗІНДІРУ** *Сезіндір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІНТ=** е т. *Ұқтырту, түйсіндірту.*

**СЕЗІНТУ** *Сезінт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІНУ** з а т. п с и х о л. *Сезім мүшелеріне, сондай-ақ ағзаның ішкі жағдайларына тікелей әсер ететін заттар мен сыртқы орталық құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін жүйке процестері.*

**СЕЗІНУ** *Сезін етістігінің қимыл атауы.*

**Сезіну шалттығы.** *Күтпеген жерден қимылдың тез басталып, белгілі бір уақыт аралығына дейінгі шапшаңдық өлшемі.*

**СЕЗІНУШІЛІК** з а т. *Аңғарушылық, байқаушылық.*

**СЕЗІП-БІЛ=** е т. *Іштей түйсіну, ұғып, аңғару.*

**СЕЗІП-БІЛУ** *Сезіп-біл етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЗІС=** е т. *Аңғарысу, байқасу, түсінісу.*

**СЕЗІСУ** *Сезіс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕИДА** з а т. е с к і к і т. *Ханым.*

**СЕИЛЗ: сеилз промоушн.** э к о н. *Қысқа мерзімге әрекет ететін жеңілдіктер беру (мыс., шегерім, сыйлықақы, тегін жеткізу немесе құрастыру, кепілдікті мерзімді ұзарту) жолымен тауарлар сатуды (қызметтер көрсетуді) ынталандыру арқылы көрінетін коммерциялық және шығармашылық идеяларды іске асыру қызметі.*

**СЕЙДАНА** з а т. ө с. *Астың дәмін келтіретін хош иісті шөп.*

**СЕЙДЖ** з а т. ә с к. *Американың әуе шабуылына қарсы қорғанысының жерүсті жартылай автоматты жүйесі.*

**СЕЙДІН** с ы н. **1.** *Көңіл күйі көтеріңкі, айрықша жайдары, сергек.* **2.** *Сергек, нық.*

**СЕЙЛ** з а т. э к о н. *Айдың, тоқсанның, жылдың аяғында, мерекеге байланысты төмен бағамен сату.*

**СЕЙМУРИЯЛАР** з а т. з о о л. *Қаңқа қалдықтары Солтүстік Американың палеозой заманы пермь кезеңінің жыныстарынан табылған, жойылып кеткен қосмекенділердің туысы.*

**СЕЙПІЛ** з а т. е с к і к і т. *Қорған.*

**СЕЙСЕНБІ** з а т. *Аптаның дүйсенбі мен сәрсенбі аралығындағы екінші күні.*

**СЕЙСЕП** з а т. *Көрпені кірлетпес үшін қаптап қоятын, кигізілетін кездеме.*

**СЕЙСЕПТІ** с ы н. *Сейсеп кигізілеген, сейсебі бар.*

**СЕЙСМИКА** з а т. г е о л. *Жер сілкінісі.*

**СЕЙСМИКАЛЫҚ** с ы н. *Жер сілкінісіне қатысты.*

**Сейсмикалық аудандастыру.** г е о л. *Аумақты сейсмикалық белсенділігі әртүрлі аудандарға бөлу, ықтимал сейсмикалық қауіпті бағалау және картаға түсіру.* **Сейсмикалық аудандау**. г е о ф и з. *Сейсмикалық қауіптілігіне қарай жер сілкінуі байқалатын аймақтарды аудандарға бөлу.* **Сейсмикалық әсер.** г е о ф и з. *Жер сілкінуінің жер бетіндегі сезілу қарқындылығы.* **Сейсмикалық бақылау.** *Жер сілкіну құбылыстарын зерттеу, анықтау.* **Сейсмикалық барлау.** г е о ф и з. *Серпімді толқындардың жер қыртысында таралу ерекшеліктерін, геологиялық құрлысын зерттеуге негізделген геофизикалық әдістер.* **Сейсмикалық карта.** *Белгілі бір аймақтағы ықтимал жер сілкіну күшінің балдарын көрсетіп беретін карта.* **Сейсмикалық стансылар.** г е о ф и з. ***Сейсмикалық бекеттер*** *(жер сілкіну, күшті жарылыс т.б. қуатты қозғалыс көздерінің ошақтарынан бөлініп шыққан сейсмикалық толқындардың өтуінен пайда болған жер беті тербелістерін жазып, тіркеуге арналған сейсмикалық аспаптар мен қосымша жабдықтардың жиынағы).* **Сейсмикалық төзімді құрылыс.** г е о ф и з. *Антисейсмикалық құрылыс, сейсмикалық ауданда орналасқан үйлер мен ғимараттарға жер сілкіну кезінде пайда болатын сейсмикалық (инерциялық) күштердің тигізетін әсерін ескере отырып жүргізілетін құрылыс.* **Сейсмикалық шекара.** г е о л. *Бір-бірімен жапсарласқан екі ортаның серпінділік қасиеттерінің күрт өзгеруінен нақтылы сейсмикалық толқындар туындайтын шартты шекара.*

**СЕЙСМОГРАММА** з а т. г е о л. *Бірнеше сейсмоқабылдағыштар тіркеген сейсмикалық толқындады автоматты түрде жарықсезгіш қағазға жазып алу нәтижесінде алынатын сызба кескін.*

**СЕЙСМОГРАФ** [грек. seismos – тербеліс, жер сілкінісі, grapho – жазамын] з а т. т е х. *Жердің жоғарғы қабатының қозғалысын жазып алатын аспап.*

**СЕЙСМОГРАФИЯ** з а т. г е о ф и з. *Жердің жоғарғы қабатының қозғалысын сейсмографпен жазу ісі.*

**СЕЙСМОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н. *Сейсмографияға қатысты, соған тән.*

**СЕЙСМОЗОНДЫЛАУ** з а т. г е о л. *Бір ғана нүктедегі немесе шағын ғана қашықтықтар арасындағы сейсмикалық шегаралар жағдайын нақтылау мақсатындағы сейсмикалық зерттеулер өте қысқа сейсмикалық кесінді бойында ғана жүргізілуімен сипатталатын сейсмобарлау тәсілі.*

**СЕЙСМОКАРОТАЖ** з а т. г е о л. *Бұрғылау ұңғымасы тесіп өткен геологиялық қима арқылы сейсмикалық толқындардың таралу*

*жылдамдықтарын анықтау, сейсмикалық шегараларды стратиграфиялық тұрғыдан нақтылау, сейсмикалық толқын түрлерін танып-білу және зерттеу шараларын жүзеге асыру мақсатында сол ұңғыма тереңдіктерінде арнаулы аспаптар көмегімен жүргізілетін сейсмобарлау тәсілі.*

**СЕЙСМОЛОГ** зат. геол. *Жер сілкінуін қадағалап, зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғалым.*

**СЕЙСМОЛОГИЯ** [грек. seismos – тербеліс, жер сілкінісі, logos– ғылым] зат. геофиз. *Жердің жоғарғы қабатының тербеліс қозғалысын зерттейтін ғылым.*

**СЕЙСМОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Сейсмологияға қатысты, сонымен байланысты.*

**СЕЙСМОМЕТР** [грек. seismo – жер сілкінісі, metron – өлшем] зат. *Жер тербелісін зерттейтін құрал.*

**СЕЙСМОТЕКТОНИКА** зат. геол. *Геотиктониканың жер қыртысындағы құрылымдар мен үдерістердің сейсмикалық байланысын зерттейтін бөлімі.*

**СЕЙСМОТЕКТОНИКАЛЫҚ** сын. *Сейсмотектоникаға қатысты.*

**СЕЙСМОТҰРАҚТЫЛЫҚ** зат. геофиз. *Нысандардың жер сілкінісінің салдарына төтеп бере алу қабілеті.*

**СЕЙФ** [ағылш. safe] зат. *Құнды заттар, құжаттар, бағалы қағаздар сақталатын, жанбайтын, ашылуы өте құпия болат немесе темір шкаф.*

**СЕЙІЛ** зат. *Бой жазып, көңіл көтеретін серуен.*

**Сейіл құрды.** *Қыдырып көңіл көтерді, сайрандады.* **Сейіл қылды.** *Серуендеп қыдырды, сейілдеді.*

**СЕЙІЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің көлемі я саны азаю, саябырлап басылу.* **2.** ауыс. *Айығу, тарқау, тазару.*

**СЕЙІЛДЕ=** ет. *Серуендеп бой жазу, көңіл көтеру, қыдыру.*

**СЕЙІЛДЕН=** ет. *Өзімен-өзі көңіл көтеру, бой жазып қыдыру.*

**СЕЙІЛДЕНДІР=** ет. *Көңіл көтерту.*

**СЕЙІЛДЕНДІРУ** *Сейілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛДЕТ=** ет. *Қыдырту, бой жаздырту.*

**СЕЙІЛДЕТУ** *Сейілдет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛДЕУ** *Сейілде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛДІ** сын. *Көңілді, қызықты, думанды.*

**СЕЙІЛДІР=** ет. *Кетіру, тарқату, тарату.*

**СЕЙІЛДІРУ** *Сейілдір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛТ=** ет. *Тарқату, тарату.*

**СЕЙІЛТУ** *Сейілт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛУ** *Сейіл етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЙІЛШІ** зат. *Серуен құрушы, бой жазушы, қыдырушы.*

**СЕЙІЛШІЛ** сын. *Серуеншіл, сауықшыл.*

**СЕЙІР** есім. ескікіт. *Басқалары, бәрі, қалғандары.*

**СЕЙІС** зат. **1.** этн. *Жүйрік атты жаратып баптаушы, бапкер.* **2.** этн. *Жүйрік атты танып білетін сыншы.* **3.** ауыс. *Білгір, шебер маман.*

**СЕЙІТЗАДА** зат. діни. ***Сейіттер.***

**СЕЙІТТЕР** зат. көне. *Ғазіреті ғалидың жұбайы Фатимадан (Мұхаммед пайғамбардың қызынан) тараған ұрпаққа жататын әлеуметтік мәртебесі жоғары қожалар.*

**СЕКАМАН** зат. өс. *Өсімдік аты.*

**СЕКАНС** [лат. secans] зат. мат. *Тригонометриялық функциялардың бірі.*

**СЕКВЕСТР**[1] [лат. sequestrum] зат. экон. **1.** *Екі тарап та дәмеленіп отырған даулы мүлікті оның кімге тиесілі екені туралы дау шешілгенше үшінші тарапқа уақытша табыстау.* **2.** *Өкіметтің қайсыбір мүлікті (құрал-жабдықты) пайдалануға салған тыйымы немесе шектеуі.* **3.** *Бюджеттің атқарылуы кезінде тапшылықтың белгіленген деңгейден асып түскен немесе кіріс көздерінен түсетін түсім қысқарған және көзделген шараларды ағымдағы қаржыландыру, яғни бюджеттің атқарылуы мүмкін болмаған жағдайларда қолданылатын арнаулы шаралар.*

**СЕКВЕСТР**[2] [sequestrum: лат, sequestro – бөлімін.] зат. вет. *Тірі тканьнен аластатылған өлі ткань.*

**СЕКВОЙЯ** зат. өс. *Жер шарының ең биік ағаштарына жататын, 3000 жылға дейін жасайтын мәңгі жасыл қылқанжапырақты ағаштар туысы.*

**СЕКВОЙЯДЕНДРОН** зат. өс. *Мәңгі жасыл қылқанжапырақты ағаштар туысының бір түрі, діні тік түзу, биіктігі 100 м-ге дейін болатын, 2500 жылдай (кейде 3000–4000 жыл) жасайтын ағаш.*

**СЕКЕК** елік. *Әрлі-берлі немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз. // Шошақай, жеңілтек.*

**Секек қақты**. *Секеңдеді, секең-секең етті, ұшып-қонды.*

**СЕКЕК-СЕКЕК** елік. *Әрлі-берлі немесе жоғары-төмен секіргендегі қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Секек-секек етті.** *Ербең-ербең етті, секеңдеді.*

**СЕКЕКТЕ=** ет. **1.** *Секең-секең ету, секек қағу.* **2.** ауыс. *Шошаңдау, селтеңдеу.*

**СЕКЕКТЕС=** ет. *Бірге секектеу, секек-секек етісу.*

**СЕКЕКТЕСУ** *Секектес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕКТЕТ=** ет. *Секең-секең еткізу, секек қаққызу.*

**СЕКЕКТЕТУ** *Секектет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕКТЕУ** *Секекте етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕЛ** зат. өс. *Малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**СЕКЕЛЕКТЕ=** ет. *Секеңдеу, ұшып-қону.*

**СЕКЕМ** зат. *Күдік, қорқыныш, үрей.*

**Секем алды. а)** *Сезіктенді, үркідi.* ә) *Күдіктенді, сескеніп қалды, сеніңкіремей қалды.* б) *Жаман ойлады, көңіліне қауіп кірді, қауіптенді.*

**СЕКЕМАЛ** зат. *Секем, әлдеқандай күдік сезім.*

**СЕКЕМДЕН=** ет. *Әлденеден сезіктену, қауіптену, үрейлену.*

**СЕКЕМДЕНДІР=** ет. *Қауіптендіру, сезіктендіру.*

**СЕКЕМДЕНДІРУ** *Секемдендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕМДЕНУ** *Секемден етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕМДІ** сын. *Үрейленген, сезікті, күдікті.*

**СЕКЕМДІК** зат. *Сезік туғызатын күмәндық, күдіктік.*

**СЕКЕМДІЛІК** зат. *Күдіктілік, сезіктілік, шүбәлылық.*

**СЕКЕМСІЗ** сын. *Секем алмайтын, бейқам, алаңсыз.*

**СЕКЕМШІЛ** сын. *Әлденеден сезіктенгіш, қауіптенгіш, күдіктенгіш.*

**СЕКЕМШІЛДІК** зат. *Сезіктене беретін күмәндангыштық, күдіктенгіштік.*

**Секемшілдік оянды.** *Секемдене бастады, күмәнданды.*

**СЕКЕҢ** елік. *Әрлі-берлі немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз. // Селтеңдеген жеңілтектік.*

**Секең етті [қақты].** *Секек қақты, секектеді.*

**СЕКЕҢДЕ=** ет. **1.** *Секек-секек ету, секектеу.* **2.** ауыс. *Селтеңдеу, шошаңдау.*

**СЕКЕҢДЕС=** ет. *Бірге секеңдеу, секең-секең етісу.*

**СЕКЕҢДЕСУ** *Секеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Секең-секең еткізу.* **2.** ауыс. *Селтеңдету, шошаңдату.*

**СЕКЕҢДЕТУ** *Секеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКЕҢДЕУ** *Секеңде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Секек-секең ету, секектеу.* **2.** ауыс. *Селтеңдеу, шошаңдау.*

**СЕКЕҢ-СЕКЕҢ** елік. *Әрлі-берлі немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз.*

**СЕКЕР** зат. сөйл. ***Шекер.***

**СЕКЕРҚҰЛАҚ** зат. көне. *Өлген адамның кесілген құлағы [Ертеде жау жағының қанша шығын болғанын білу үшін олардың құлағын кесіп санайтын болған].*

**СЕКЕУ** сын. *Жалғыз-жарым, бытыраған, жеке.*

**СЕКИ=** ет. *Қозғалмай қатып қалу, селтиіп тұру.*

**СЕКИІС=** ет. *Селтиіп тұрып қалысу.*

**СЕКИІСУ** *Секиіс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКИЮ** *Секи етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКӨНТ** зат. сөйл. ***Секунд.***

**СЕКПІЛ** зат. **1.** *Бетке шашырап түсетін ұсақ-ұсақ қоңыр дақ.* **2.** мед. <лат. ephilides> *Адамның терісіне түсетін пигментті ұсақ дақтар.*

**СЕКПІЛГҮЛ** зат. өс. *Таудың субальпілік деңгейінде, бұталар арасында, солтүстік және орталық облыстардың шалғындарында өсетін, биіктігі 40-80 см-дей көпжылдық пиязшықты өсімдік.*

**СЕКПІЛДЕН=** ет. *Бетке секпіл түсу.*

**СЕКПІЛДЕНДІР=** ет. бейн. *Секпіл түсірту.*

**СЕКПІЛДЕНДІРУ** *Секпілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКПІЛДЕНУ** *Секпілден етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКПІЛДЕУ** сын. *Аздап секпіл түскен, шұбарлау.*

**СЕКПІЛДІ** сын. *Бетінде секпілі бар.*

**СЕКПІЛСІЗ** сын. *Секпілі жоқ, бір түсті.*

**СЕКРЕТАРИАТ** зат. ***Хатшылық*** *(мекеменің хатшылық жұмыстарын жүргізетін бөлім мен сондай бөлімдегі қызметкерлер тобы).*

**СЕКРЕТАРЬ** зат. **1.** ***Хатшы*** *(мекеменің не ұйымның күнбе-күнгі істерін басқарып отыратын жауапты басшысы).* **2.** *Жеке адамның не белгілі бір ұйымның іс жұмыстарын жүргізетін қызметкер.* **3**. *Жиналыстың хаттамасын жазатын адам, хатшы.*

**СЕКРЕТАРЬЛЫҚ** зат. ***Хатшылық*** *(хатшыға тән, хатшыға қатысты қызмет).*

**СЕКРЕТЕР** [франц. secretaire] зат. **1.** *Жоғары бөлігінде сөрешелері мен жәшікшелері бар жазу үстелі.* **2.** *Үстел есебінде пайдалануға болатын ашылмалы немесе суырмалы тақтасы бар шағын кітап шкафы.*

**СЕКРЕТИН** зат. вет. *Тік ішек қабырғасында түзілетін, қанға сіңісімен ұйқы безінің шырын шығару қабілетін үдететін гормон.*

**СЕКРЕТОРЛЫ: секреторлы жасушалар.** биол. *Өздерінен арнайы бөлінді бөліп шығаратын безді жасушалар, гландулоциттер.*

**СЕКРЕЦИЯ**[1] [лат. secretio] зат. геол. *Тасшемен, тау жыныстарындағы қуыстардың кристалдық немесе коллоидтық заттармен толуынан қалыптасқан қоспа.*

**СЕКРЕЦИЯ**[2] зат. биол. *Ағзадағы бөліндінің бөліну күрделі үдерісі.*

**СЕКСЕН** сан. *Жетпіс тоғыздан кейінгі есептік сан.*

**СЕКСЕНШОҚ** зат. өс. *Биік болып, тармақтана өсетін шалғын шөптердің бірі.*

**СЕКСЕНІНШІ** сан. *Сексен санының реттік түрі.*

**СЕКСЕУІЛ** зат. өс. <лат. haloxilon> *Діні мен бұтақтары бұраң-бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатын жапырақсыз қатты ағаш.*

**Сексеуіл орманы.** *Орта және Орталық Азияның Иран мен Ауғанстанның шөлдерінде кездесетін сексеуілдің аласа орманы.* **Сексеуілдің шоғындай**. бейн. *Қызарып, мздаған; ыстық.*

**СЕКСЕУІЛДЕЙ** сын. *Сексеуіл сияқты берік, қатты.*

**Сексеуілдей қатып қалған [қатты].** бейн. ***Сірескен.***

**СЕКСЕУІЛДІ** сын. *Сексеуілі бар, сексеуілі көп.*

**СЕКСЕУІЛШЕ**[1] з а т . ө с . *Сексеуіл арасында өсетін бұтатектес өсімдік.*

**СЕКСЕУІЛШЕ**[2] ү с т . *Сексеуіл тәрізді, сексеуілге ұқсас.*

**СЕКСИ=** е т. *Ебедейсіз боп, селтиіп көріну.*

**Сексиіп қарап тұрды.** *Тікесінен тік тұрып, бір жерден көзін алмай, қозғалмай қарады.*

**СЕКСИТ=** е т. *Селтиту.*

**СЕКСИТУ** *Сексит етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКСИЮ** *Секси етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКСТЕТ** з а т . м у з . **1.** *Алты адамнан құралған музыканттар тобы.* **2.** *Алты дауысқа немесе алты аспапқа арналып жазылған музыкалық шығарма.*

**СЕКСТИЛЛИОН** [франц. sextillion] з а т . м а т . *Бір және 21 нөл арқылы өрнектелетін сан, яғни* $10^{21}$ *сан.*

**СЕКСОЛОГИЯ** [лат. sexus – жыныс, logos – ілім] з а т . м е д . *Жыныс қатынасын және оның физиологиялық, патологиялық ерекшеліктерін әлеуметтік және психологиялық жағынан кешенді қарастыратын ғылым.*

**СЕКСОПАТОЛОГИЯ** з а т . м е д . *Жыныстық қатынастың функциялық аспектілерін қарастыратын клиникалық медицина саласы.*

**СЕКСІЗ: сексіз адам**. с ө й л . *Сиықсыз адам.*

**СЕКТА** з а т . д і н и . *Бір діннің ішінен бөлініп шыққан, сол дінге қарама-қайшы өзіндік ауытқушылығы бар діни топ.*

**СЕКТАЛЫҚ** с ы н . д і н и . *Бір діннің ішіндегі ауытқушылығы бар діни топтарға тән, соларға қатысты.*

**СЕКТАНТ** з а т . *Секта мүшесі.*

**СЕКТАНТТЫҚ** с ы н . *Бөлінушілік, ауытқушылық.*

**СЕКТЕН=** е т. *Тартыншақтану, жүрексіну.*

**СЕКТОР** [ағыл. sector] з а т . **1.** м а т . *Шеңбердің екі радиуспен және доғамен шектелген бөлігі.* **2.** ә с к . *Тарамдап көрсетілген сызықтармен шектелген шеп.* **3.** *Мекеменің не ұйымның бір бөлімі.* **4.** *Шаруашылықтың мемлекетке не жекеменшікке тән бөлігі.* **5.** и н ф . *Пішімдеу кезінде қатқыл немесе иілгіш дискіде жасалған центрлес жолшықтардың біреуінің сегменті, магниттік диск бетіндегі концентрлік шеңбер бойын қуалай орналасқан сызықжолға жазылатын ақпараттың негізгі бірлігін (ең аз көлемін) сақтайтын оның бір бөлігі.* **6.** г е о г р . *Географиялық белдемділіктің әртүрлі құрылымымен өзгешеленетін материктердің ірі бөліктері.*

**СЕКТОРЛЫ** с ы н . *Секторы бар, сектордан құралған.*

**Секторлы жапқыш.** с у ш а р . *Су деңгейі мен арынды су беру және оны әкетуді реттейтін құрылғы түрлерінің бірі.*

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ** з а т . ә л е у м . *Діннің қоғамнан бөліну, діни құндылықтардың сакралды қасиеттерінен айырылу үдерісі.*

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯЛАН=** ет. т е р м . *Секуляризацияға ұшырау.*

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯЛАНУ** *Секуляризациялан етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Секуляризацияға қатысты, секуляризацияға тән.*

**СЕКУЛЯРИЗМ** з а т . с а я с и . *Секуляризациялық бағыт ұстанушылық.*

**СЕКУЛЯРИСТІК** с ы н . с а я с и . *Секуляризмге қатысты, секуляризмге тән.*

**СЕКУНД** з а т . *Минуттың алпыстан бір бөлігіне тең уақыт өлшемі.*

**СЕКУНДАНТ** з а т . **1.** *Кейбір еуропалық ел-дерде, Ресейде XIX–XX ғасырларға дейін ақсүйектер арасында орын алған екі ер адам арасын-дағы дау-дамайды шешудің жолы ретіндегі жекпе-жекке (атысуға) қатысушылардың әрқайсысының жанында болатын төрешісі, куә.* **2.** с п о р т . *Бокста раундтар арасындағы үзілісте боксшыға көмек көрсететін адам.*

**СЕКУНДОМЕР** з а т . ***Секундөлшеуіш.***

**СЕКУНДОМЕРШІ** з а т . *Жарыстағы уақыт көрсеткішін қадағалайтын төреші.*

**СЕКУНДӨЛШЕУІШ** з а т . *Уақытты нөлден бір секундқа дейін дәл көрсететін құрал.*

**СЕКУНДТАЙ** с ы н . *Секунд шамасында, секунд көлемінде.*

**СЕКУНДТАП** ү с т . *Секундт күйінде, секунд көлемінде.*

**СЕКУНДТЫҚ** с ы н . **1.** *Секундқа қатысты, секунд шамасындай.* **2.** а у ы с . *Болмашы, азғантай.*

**СЕКЦИЯ** [лат. sectio] з а т . **1.** *Белгілі бір ұйымның, мекеменің құрамындағы бөлімше.* **2.** т е х . *Техникалық бөлшектің бір бөлігі.* **3.** п е д . *Спорт пен дене тәрбиесі бойынша оқушылардың сыныптан тыс өзіндік әрекетін ұйымдастыратын тәрбие жұмысының бір түрі.* **4.** *Құрылтайда, үлкен жиындарда, конгресте белгілі бір мәселе бойынша жұмыс істейтін делегаттар тобы.* **5.** *Имараттың, құрылғының бір бөлігі.*

**СЕКЦИЯЛЫ** с ы н . *Секциясы бар, секцияға бөлінген.*

**СЕКЦИЯЛЫҚ** с ы н . *Құрылтайда, үлкен жиындарда, конгресте белгілі бір мәселе бойынша жұмыс істейтін делегаттар тобына қатысты.*

**Секциялық есептеу орталығы.** и н ф . <ағыл. sectional computer center> *Автоматтандырылған басқару жүйесінің құрамында жұмыс істейтін кәсіпорынның (мекеменің) есептеу орталығы.*

**СЕКІЛ** з а т . к ө н е . *Пішін, форма.*

**СЕКІЛДЕН=** е т. *Бір нәрсеге ұқсау, сол тәрізденү.*

**СЕКІЛДЕНДІР=** е т. *Бір нәрсеге ұқсаттыру.*

**СЕКІЛДЕНДІРУ** *Секілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКІЛДЕНУ** *Секілден етістігінің қимыл атауы.*

**СЕКІЛДІ** ш ы л. *Сияқты, сықылды, іспетті.*

**СЕКІР=** е т. **1.** *Бір жерден екінші жерге қарғып түсу, ырғу.* **2.** *Бір күйден екінші күйге өту немесе бір кезеңнен өту.* **3.** а у ы с . қ а р а п . *Басыну, тиісу.*

**Секіріп шықты**. *Межелі жасына сүрінбей, аман-есен жетті.*

**СЕКІРГІШ** с ы н . *Қарғығыш, ырғығыш.*

**СЕКІРГІШТІК** з а т . *Адамның аяммен итерілу арқылы денесін жоғары көтеру мүмкіндігін анықтайтын атау.*

**СЕКІРЕКТЕ=** е т. *Әлсін-әлсін ырғу, шоқырақтау.*

**СЕКІРЕТІН: секіретін жіп.** с п о р т . *Көркем гимнастикада және тағы басқа да көптеген спорт түрлерінде (жаттығулар мен жарыстар үшін) пайдаланатын шетінде екі сабы бар ширатылған немесе резеңке жіп.*

**Секіретін орын.** с п о р т . *Ұзындыққа, сырықпен, биіктікке жүгіріп келіп секірген кезде түсуге аналған орын.*

**СЕКІРМЕ** з а т . *Қыз балалардың жерді торлап сызып, ырғып-ойнайтын ойыны.*

**СЕКІРМЕК** з а т . *Қыздардың жіпті айналдырып, секіріп ойнайтын ойыны.*

**СЕКІРМЕЛІ** с ы н . **1.** *Ырғып өтетін, қарғымалы.* **2.** т е р м . *Даму барысында мүмкін болатын бірнеше кезеңнің немесе сатының бірінен екіншісіне өтпей, бірден жоғарысына өтіп кету қасиеті бар.*

**СЕКІРТ=** е т. *Бір жерден екінші жерге қарғыту, ырғыту.*

**СЕКІРТПЕ** з а т . в е т . *Аузынан көбік шығып, секіріп, тыпырлап ауыратын жұқпалы қой ауруы.*

**СЕКІРТПЕЛІ** с ы н . **1.** *Ырғып кететін, қарғымалы.* **2.** *Секіріп тұратын (жүріс).* **3.** а у ы с . *Өзгеріп тұратын, айнымалы.*

**СЕКІРТУ** *Секірт етістігінің қимыл атауы; ырғыту, қарғыту.*

**СЕКІРУ**[1] *Секір етістігінің қимыл атауы; қарғу, ырғу.*

**СЕКІРУ**[2] з а т . с п о р т . **1.** *Акробатикада дене толық немесе жартылай айналатын секіруге ұқсас жаттығу.* **2.** *Спорттық гимнастикада қарапайым немесе тіреумен, қолды еш жерге тіремей бір орында тұрып биіктікке және ұзындыққа, жүгіріп келіп алысқа, трамплиннен, кедергіден немесе керілген жіптен; алысқа әрі биікке; «шеңберден» секіру; әртүрлі гимнастикалық жабдықтарға (ат, үстел, плинт т.б.) тіреліп секіру.* **3.** *Көркем гимнастикада арнайы жаттығулардың негізгі түрлерінің бірі.* **4.** *Коньки мәнерлеп сырғанауда еркін сырғанаудың ең күрделі түрлерінің бірі.* **5.** *Батутта серіппелердің көмегімен рамаға бекітілген тоқылған тордың үстінде жекелей және жұптасып, биікке көтеріле серпіліп, ауада аударыла айналып түсіп секіру.*

**СЕКІРІМДЕЙ** с ы н . *Секірім болатындай.*

**СЕКІРІП-СЕКІРІП**=е т. *Қайта-қайта секіру, ырғу, қарғу.*

**СЕКІРІС** з а т . с п о р т . *Биіктікке немесе ұзындыққа секіретін қимыл-әрекет.*

**СЕКІРІС=** е т. *Бір жерден екінші жерге бірге екпінмен атылу, қарғу, ырғу.*

**СЕКІРІСУ** *Секіріс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЛ** [ар. سيل] з а т . **1.** *Тас аралас саз балшықтардың таудан төмен ағыла құлауымен сипатталатын, кенеттен басталып, барынша қарқынды өтетін мейлінше залалды құбылыс; қар мен мұздың еруінен немесе қатты нөсер жауынның салдарынан болатын су тасқыны.* **2.** *Өзен-су деген мағынада.* **3.** а у ы с . *Ағыл-тегіл болушылық, көптік.* **4.** а у ы с . *Күш-қуат, қайрат.* **5.** а у ы с . *Ағын, екпін.*

**Селге кетті**. *Босқа құрыды, текке кетті.*

**СЕЛБЕ=** е т. *Біреуді демеу, қолдау.*

**СЕЛБЕК** з а т . *Көмек, жәрдем.*

**СЕЛБЕҢДЕ=** е т. с ө й л . *Селтектеп ұшып-қону, ебелек қағу, селтеңдеу.*

**СЕЛБЕҢДЕУ** *Селбеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЛБЕС=** е т. *Бір-біріне демеу жасау, септесу.*

**СЕЛБЕСТІК** з а т . б и о л . <грек. simbiosis> *Екі немесе бірнеше ағзаның ұзақ уақыт немесе тұрақты түрде бірігіп, өзара пайда келтіре тіршілік етушілік.*

**СЕЛБЕСТІР=** е т. *Септестіру, байланыстыру, ілестіру.*

**СЕЛБЕСТІРУ** *Селбестір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Септестіру, ілестіру.* **2.** *Жалғастыру, байланыстыру.* **3.** *Ұластыру, сабақтастыру.*

**СЕЛБЕСУ** *Селбес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Септесу, байланысу.* **2.** б и о л . <грек. symbiosis> *Бірге тұру, бірігіп тіршілік ету.*

**СЕЛБЕУ**[1] з а т . *Жәрдем, сүйемелдеу.*

**Селбеу етті.** *Сүйемелдеді, ілестірді.*

**СЕЛБЕУ**[2] *Селбе етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЛБІ** з а т . к ө н е . *Ағаштың қу бұтағы, берегі, бостаны.*

**СЕЛДЕ=** е т. **1.** *Қатты жауу, сел болып ағу.* **2.** а у ы с . *Ағыл-тегіл тасқындау, орасан мол болу.* **3.** а у ы с . *Өлең-күйдің ағылып төгіле жөнелуі.*

**СЕЛДЕЙ** с ы н . *Сел сияқты, сел тәрізді.*

**Селдей қаптады**. *Баса-көктеп жапыра жөнелді.*

**СЕЛДЕН=** е т. **1.** *Сел болып ағу, тасқындану.* **2.** а у ы с . *Ағыл-тегіл болу, орасан көп болу.*

**СЕЛДЕНУ** *Селден етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЛДЕТ=** е т. **1.** *Ағыл-тегіл тасқындату, нөсерлете құю.* **2.** а у ы с . *Көз жасын төгу, ағыл-тегіл жылау.* **3.** а у ы с . *Көкіректі кернеген ашу-ызаға булығу.*

**Селдетіп өткен тасқындай.** п о э т . *Арындаған, асып-тасқан.*

**СЕЛДЕТУ** *Селдет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕЛДЕУ** *Селде етістігінің қимыл атауы: арындау, тасқындау.*

**СЕЛДІР** с ы н . **1.** *Қалың, тығыз емес, сирек.* **2.** *Тығыз емес, жұқа.* **3.** *Азғантай, ат төбеліндей.*

**СЕЛДІР** з а т . ө с . ***Селдірек.***

**СЕЛДІРБАС** з а т . ө с . *Селдір масақты астық тұқымдас шөп.*

**СЕЛДІРЕ=** е т. *Сиреу, сұйылу, азаю.*

**СЕЛДІРЕК** з а т . ө с . <лат. deschampsia caesritaga> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕЛДІРЕТ=** е т. **1.** *Азайту, сирету, жиілігін кеміту.* **2.** *Жұп-жұқа ету, сұйылту.*

**СЕЛДІРЕТУ** *Селдірет етістігінің қимыл атауы; азайту, сұйылту, сирету.*

**СЕЛДІРЕУ** *Селдіре етістігінің қимыл атауы; жиілігі кему, сиреу, баяулау, бәсеңдеу.*
**СЕЛДІРЛЕН=** е т. *Селдір тарту, сұйылу, жұқару.*
**СЕЛДІРЛЕНУ** *Селдірлен етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛДІРЛЕУ** с ы н . *Сиректеу, жұқалау.*
**СЕЛДІР-СЕЛДІР** с ы н . *Тым сирек, әр жерде бір өскен.*
**СЕЛДІР-СЕЛЕУ** с ы н . *Сирек, қалың емес, жиілігі аз.*
**СЕЛДІРШӨП** з а т . ө с . ***Селдірек.***
**СЕЛЕБЕ**[1] з а т . к ө н е . *Ұшы қанжар сияқты, қос жүзді, үлкен өткір қылыш (пышақ).*
**СЕЛЕБЕ**[2] з а т . к ө н е . *Қиын-қыстау кезең, ауыртпалық, апат.*
**СЕЛЕБЕ**[3] з а т . *Қатты жауған жауын; сел.*
**СЕЛЕКТОР** [лат. selector] з а т . *Мекеме ішіндегі қызметкерлермен екіжақты хабарласып отыратын электрмеханикалық байланыс құрылысы.*
**Селектор арна.** и н ф . *Қосылған бірнеше шалғай құрылғылардың біреуімен ғана (бір өзі ғана жұмыс істейтін режімде) ақпарат алмастыратын мәліметтер жеткізу арнасы.*
**СЕЛЕКЦИОНЕР** з а т . б и о л . *Селекция жөніндегі маман.*
**СЕЛЕКЦИЯ** [лат. selectio] з а т . б и о л . *Будандастыру арқылы өсімдіктердің жаңа түрін шығару, мал тұқымын жақсарту жолы, сұрыптап алу әдісі.*
**СЕЛЕКЦИЯЛА=** е т. *Өсімдік сорттары мен мал тұқымын будандастыру жолымен жақсарту, сұрыптау.*
**СЕЛЕКЦИЯЛАУ** *Селекцияла етістігінің қимыл атауы; сұрыптау.*
**СЕЛЕН** [грек. selene] з а т . х и м . *Сұр түсті кристалл зат, металлоидтер.*
**СЕЛЕН** ор. з а т . с ө й л . ***Село.***
**СЕЛЕНАТТАР** з а т . х и м . *Селен қышқылының H2SeO4 тұздары.*
**СЕЛЕНИД** з а т . х и м . *Селенидтер.*
**СЕЛЕНИДТЕР** з а т . х и м . *Селеннің басқа металдармен химиялық қосылыстары.*
**СЕЛЕНИЛДЕР** з а т . х и м . *Құрамында селеннің бір атомынан және оттектің бір атомынан құралған екі оң зарядты радикалы SeO2+ бар, тұз типтес химиялық қосылыстар.*
**СЕЛЕНИТТЕР** з а т . х и м . *Селенді қышқылдың H2SO3 тұздары.*
**СЕЛЕНСУТЕК** з а т . х и м . *Таза селен алу үшін және селенидтер, селенорганикалық қосылыстар синтезінде қолданылатын селен гидриді.*
**СЕЛЕҢДЕ=** е т. *Селтең-селтең етіп бос жүру, салаңдау.*
**СЕЛЕҢДЕУ** *Селеңде етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛЕУ** з а т . ө с . <лат. aristida> *Шөл далада өсетін бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп.*
**СЕЛЕУБОЯУ** з а т . ө с . *Тамыры айналасындағы 10 м-дей сусымалы құмды бекітетін бөз өсімдігінің бір түрі.*
**СЕЛЕУЛЕН**[1]**=** е т. *Топ-топ болу, селдіреу.*
**СЕЛЕУЛЕН**[2]**=** е т. *Ақшыл тартып, ағараң-дап, бозарып көріну.*
**СЕЛЕУЛЕНУ** *Селеулен етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛЕУЛІ** с ы н . *Селеуі бар, селеу өскен.*
**СЕЛЕУСЕ** з а т . ө с . с ө й л . ***Селеу.***
**СЕЛЕУСІН** з а т . ө с . с ө й л . ***Селеу.***
**СЕЛИТРА** [лат. sal – тұз, nitrum – табиғи сода, сілті] з а т . х и м . *Азот қышқыл тұздарының жалпы атауы.*
**СЕЛК** е л і к . *Шошынғанда, қорыққанда дененің дір еткен оқыс қимылын бейнелейтін сөз.*
**Селк етті.** *Дене дір етіп, оқыс шошынды; тұршікті.*
**СЕЛКЕК** с ы н . ж е р г . *Төмен, нашар, арықтау.*
**СЕЛКЕМ** с ы н . ж е р г . *Таныс емес, жат, бөтен.*
**СЕЛКЕУ** с ы н . **1.** *Жібі жақсылап тартылмай, бос қалған.* **2.** *Селтиіп бөлек шыққан, шет қалған; оқшау, жеке.* **3.** а у ы с . *Оғаш, өрескел, ерсі.* **4.** а у ы с . *Басы артық, орынсыз.*
**СЕЛКЕУЛЕН=** е т. *Бос қалу, тартылмау, селтиіп, бөлек шығу.*
**СЕЛКЕУЛЕНУ** *Селкеулен етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛКЕУЛІК** з а т . *Олпы-солпылық, бостық.*
**СЕЛК-СЕЛК** е л і к . *Әлсін-әлсін селкілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*
**Селк-селк етті**. *Денесі қатты қозғалды, селкілдеді.*
**СЕЛКІЛ** з а т . *Бір нәрсенің селкілдеген қозғалысы.*
**Селкіл қақты**. *Денесі селк-селк етіп қозғалды, селкілдеді; тынымсызданды.*
**СЕЛКІЛДЕ=** е т. **1.** *Селк-селк етіп қозғалу, селкіл қағу.* **2.** *Қатты тоңып қалтырау, қалшылдау.* **3.** *Тұла бойы түршігу, шошыну, қатты қорқу.* **4.** а у ы с . *Селтеңдеп бос жүру, желігу.*
**СЕЛКІЛДЕК** с ы н . *Селк-селк ететін, селкілдеген.*
**СЕЛКІЛДЕС=** е т. *Селкіл қағысу, селк-селк етісу.*
**СЕЛКІЛДЕСУ** *Селкілдес етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛКІЛДЕТ=** е т. **1.** *Денені селк-селк етіп қозғалту, селкіл қақтыру.* **2.** *Дірілдету, солқылдату.*
**СЕЛКІЛДЕТУ** *Селкілдет етістігінің қимыл атауы; селкіл қақтыру.*
**СЕЛКІЛДЕУ** *Селкілде етістігінің қимыл атауы; солқылдау, селкіл қағу.*
**СЕЛҚОС** ү с т . *Ықылассыз, енжар, жан-тәнімен емес, немқұрайлы.*
**СЕЛҚОСТАН=** е т. *Көңіл күйі салқын тарту, енжарлану.*
**СЕЛҚОСТАНДЫР=** е т. *Салқын тарттыру, енжарландыру; көңілін басу.*
**СЕЛҚОСТАНДЫРУ** *Селқостандыр етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛҚОСТАНУ** *Селқостан етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛҚОСТАУ** с ы н . *Көңілсіздеу, енжарлау, ықылассыздау.*
**СЕЛҚОСТЫҚ** з а т . *Енжарлық, ықылассыздық, құлықсыздық.*
**СЕЛМЕ** з а т . ө с . ж е р г . ***Селеу.***
**СЕЛМЕ-СЕЛЕУ** з а т . ө с . ж е р г . ***Селеу.***
**СЕЛО** о р . з а т . *Ауылды жердегі елді мекен.*
**СЕЛПУ** з а т . *Матаның, терінің, киіздің созылып шыққан міні, тігін жібінің іркіліп қалған ілмектері.*
**СЕЛ-СЕЛ: сел-сел болды.** *Әбден шылқып қара суға түсіп терледі.*
**СЕЛСОҚ** ү с т . *Ықылассыз, енжар, селқос.*
**СЕЛСОҚТАН=** е т. *Көңіл күйі салқын тарту, селқостану, енжарлану.*
**СЕЛСОҚТАНУ** *Селсоқтан етістігінің қимыл атауы; енжарлану.*
**СЕЛСОҚТАУ** с ы н . *Ықыласы жоқ, селқостау, енжарлау.*
**СЕЛСОҚТЫҚ** з а т . *Енжарлық, салғырттық, селқостық, ықылассыздық.*
**СЕЛТ** е л і к . *Оқыс дауыстан шошынғанда, жүрегі зірк ете түсті дегенді білдіретін сөз.*
**Селт етпеді.** *Ешбір белгі білінбеді, міз бақпады.* **Селт етті.** а) *Сескенгеннен оқыс қозғалды, шошып кетті, шошынды.* ә) *Елең етті.*
**СЕЛТЕК** с ы н . *Селтең-селтең еткен, бос селтиген.*
**Селтек қақты.** *Селтеңдеді, бос жүрді.* **Селтек қақтырды.** *Селтеңдетіп бос жүргізді, селтеңдетіп қойды.*
**СЕЛТЕКТЕ=** е т. **1.** *Қалбалақтап ұшып-қону, босқа жүгіру.* **2.** а у ы с . *Ұшып-қонған жеңілтек мінез көрсету, шошаңдау.*
**СЕЛТЕКТЕУ** *Селтекте етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТЕҢ** з а т . **1.** *Ұшып-қонып секектеген бос жүріс.* **2.** *Еріккен, бос жүрген, сенделген адам.*
**Селтең етті.** *Шошаң етті, селтиді.* **Селтең қақты.** а) *Елпең қақты, елпілдеді.* ә) *Жарамсақтанды, жағымпазданды.*
**СЕЛТЕҢДЕ=** е т. *Селтең-селтең етіп, бос жүру.*
**СЕЛТЕҢДЕС=** е т. *Селтең қағысу, секеңдесу.*
**СЕЛТЕҢДЕСУ** *Селтеңдес етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТЕҢДЕТ=** е т. *Секектету, секеңдету, селтектету, секең қақтыру.*
**СЕЛТЕҢДЕТУ** *Селтеңдет етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТЕҢДЕУ** *Селтеңде етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ** е л і к . *Секең қаққан, селтектеген қимылды бейнелейтін сөз.*
**Селтең-селтең етті.** *Шошаң-шошаң етті.*
**СЕЛТЕТЕР** с ы н . *Бір нәрсеге құлақ асатын, сөзге түсінетін.*
**СЕЛТИ=** е т. **1.** *Қозғалмай тұрып қалу, қалтию.* **2.** а у ы с . *Салаңдап бос жүру.*
**СЕЛТИТ=** е т. *Ербиту, ұрпиту, соститу.*
**СЕЛТИТУ** *Селтит етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТИЮ** *Селти етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛТИІС=** е т. **1.** *Қозғалмай тұрып қалысу.* **2.** *Ербиісу, ұрпиісу, состиысу.*
**СЕЛТИІСУ** *Селтиіс етістігінің қимыл атауы.*
**СЕЛЬМАГ** з а т . с ө й л . *Ауылдық жерде бұйымдарды аралас сата беретін сауда орны, дүкен.*
**СЕЛЬПО** з а т . с ө й л . *Ауылдық жердегі сауда-саттық ісін басқаратын орталық.*
**СЕМ=** е т. **1.** *Еті қашу, салбырау.* **2.** *Өсімдіктің, гүлдің жайсыз ауа райынан, ылғалданбырмаудан өспей солып қалуы, қурауы.* **3.** а у ы с . *Адамның қайғы қасіреттен, ауыртпалықтан азып-тозып жүдеп кетуі.* **4.** а у ы с . *Жоқ болу, біту, құру, өшу.*
**СЕМАНГТАР** з а т . *Малайзияның солтүстігі мен Тайландтың оңтүстігінде тұратын тайпалар тобы.*
**СЕМАНТИКА**[1] [грек. semanticos] з а т . л и н г в . *Тілдегі жеке сөздер мен жеке сөз тіркестерінің мағынасы, мәні.*
**СЕМАНТИКАЛЫҚ** с ы н . л и н г в . *Семантикаға тән, семантикаға қатысты.*
**Семантикалық жүктеуіш.** и н ф . <ағыл. semantic loader> *Кіру тілінің семантикасы сипаттамасын семантикалық кестеге түрлендіруге арналған гипотетикалық әмбебеп компилятордың компоненті.*
**СЕМАСИОЛОГИЯ** [грек. semasia – мағына, мән, logos – ілім] з а т . л и н г в . *Сөздердің мағынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.*
**СЕМАТИКА** [грек. semeiotikon, semeion – белгі ] з а т . в е т . *Ауру белгілері туралы ілім.*
**СЕМАФОР** [грек. sema – белгі, phoros – алып жүру] з а т . *Теміржолдың бос я бос емес екендігін машиниске білдіріп тұратын сигнал.*
**СЕМДІР=** е т. **1.** *Етін қашыру, салбырату.* **2.** *Өсімдіктің өсуін, тіршілігін тоқтату, қурату, солдыру.*
**СЕМДІРУ** *Семдір етістігінің қимыл атауы.*
**СЕМЕНТ** з а т . к ө н е . ***Цемент.***
**СЕМЕСТР** [лат. semestris ] з а т . п е д . *Жоғары оқу орнындағы жарты жылдық оқу мерзімі.*
**СЕМИКАРБАЗИД** з а т . х и м . *Гидразин карбон қышқылының амиді.*
**СЕМИКАРБАЗОНДАР** з а т . х и м . *Клиникада туберкулез ауруына қарсы белсенді препарат ретінде қолданылатые антисептик.*
**СЕМИНАР** [лат. seminarium] з а т . п е д . **1.** *Жоғары оқу орындарында оқытушының басшылығымен студенттерді топ-топқа бөліп өткізілетін практикалық сабақ.* **2.** *Белгілі бір мамандық бойынша ұйымдастырылатын арнаулы оқу жүйесі.* **3.** *Белгілі бір тақырып бойынша жасалатын ғылыми баяндама.*
**СЕМИНАРИСТ** з а т . т а р . *Семинарияда оқитын оқушы.*
**СЕМИНАРИЯ** [лат. seminarium] з а т . тар. *Орта білім беретін арнайы оқу орны.*
**СЕМИОТИКА** [грек. semeiotike] з а т . л и н г в . *Адамзат қоғамындағы (негізінен табиғи және жасанды тілдерді, сондай-ақ мәдениеттің*

*кейбір құбылыстары), табиғаттағы (жануарлар әлеміндегі коммуникация) немесе адамның өзіндегі (көру және есту қабылдаулары және т.б.) белгілер мен белгілер (таңбалар) жүйесінің қасиетін зерттейтін ғылым.*

**СЕМСЕР** зат. **1.** *Болаттан істелген екі жүзді өткір қылыш сияқты қару.* **2.** спорт. *Семсерлесуде қолданылатын ұзынша келген ұшкір қару, шпага.*

**СЕМСЕРБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. xipnias gladius> *Жақ сүйегі семсер тәрізді ұзын, алабұға отрядына жататын кәсіптік маңызы бар балықтың түрі.*

**СЕМСЕРДЕЙ** сын. **1.** *Болаттай берік, мықты.* **2.** *Өткір, өжет.*

**СЕМСЕРЛЕ=** ет. *Семсер жұмсау, семсермен ұру, кескілеу, шаншу.*

**СЕМСЕРЛЕС=** ет. **1.** *Семсер жұмсап шайқасу.* **2.** спорт. *Семсермен сайысу.*

**СЕМСЕРЛЕСУ** *Семсерлес етістігінің қимыл атауы; семсермен сайысу.*

**СЕМСЕРЛЕСУШІ** зат. окказ. спорт. *Семсермен сайысу спортымен айналысатын адам, спортшы.*

**СЕМСЕРЛЕУ** *Семсерле етістігінің қимыл атауы.*

**СЕМСЕРҚҰЙРЫҚ** зат. зоол. <лат. xiphosura> *Буынаяқтылар типіне жататын класс.*

**СЕМСЕРШЕ** үст. *Семсер тәрізді, семсерге ұқсап.*

**СЕМСЕРШӨП** зат. өс. <лат. cladium> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕМСЕРШІ** зат. спорт. *Семсерлесу спортымен айналысушы адам.*

**СЕМСЕРШІЛ** сын. *Семсерлесудің шебері, семсерқұмар.*

**СЕМУ** *Сем етістігінің қимыл атауы.* **1.** биол.<грек. atropheo> *Органикалық құрылымның бүлінуі.* **2.** геол. *Ылғалданған дисперсиялы таужыныстардың (грунттардың) еру, мұздықтану және кебу барысында көлемін азайтуы.* **3.** ауыс. *Азу, жүдеу.*

**СЕМІЗ** сын. **1.** *Байланып семіртілген қоңды (мал).* **2.** *Денесі толық, етженді (адам).*

**Семізден жарады.** *Тоқ жарау болды, күтімде тұрды.* **Семіз ет.** *Құрамында майы көп, семіртілген малдың еті.* **Семіз саз**. *Көғалы қалың жасыл алқап, салқын жер.* **Семіз сөз**. а) поэт. *Сөздің ауыз толтырып айтарлық мазмұнды жері.* ә) *Асып-таспа мақтау сөз.*

**СЕМІЗДЕУ** сын. **1.** *Қоңдылау, майлылау.* **2.** *Етженділеу, толықтау.*

**СЕМІЗДІК** зат. **1.** *Қоңдылық, май басқандық.* **2.** *Денесі толықтық, етженділік.* **3.** ауыс. *Болып-толып, асып-тасқандық, дандайсушылық, мастанушылық.*

**СЕМІЗОТ** зат. өс. <лат. rhodiola> *Тау беткейлерінде, өзен аңғарларында, шалғынды жерлерде өсетін, биіктігі 50-60 см-дей көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕМІЗШЕ** үст. *Етженділеу келген, толықша.*

**СЕМІЗШЕЛЕУ** сын. сөйл. *Етженділеу, толықтау.*

**СЕМІЗІРЕК** сын. *Майлылау, толығырақ.*

**СЕМІК** сын. *Семіңкіреген, қытыңқылау, бүрісіп қалған, нашар.*

**Семік дән.** *Толық массалы емес, толмаған дән.*

**СЕМІР=** ет. **1.** *Ет алу, қоңдану, майлану.* **2.** *Денесі толу, май басу, етжендену.* **3.** ауыс. *Асып-тасу, дандайсу.* **4.** ауыс. *Масаттану, шаттану.*

**СЕМІРГЕНДІК** зат. **1.** *Май бітін қоңдангандық, толғандық, ет алғандық.* **2.** ауыс. *Асып-тасып дандайсушылық, табысқа мастанғандық.*

**СЕМІРГІШ** сын. *Семіруге бейім, тез ет алғыш.*

**СЕМІРТ=** ет. *Малды ерекше күтімге алып тыңайту, қоңдандыру, май бастыру.*

**СЕМІРТУ** *Семірт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕМІРТІЛ=** ет. *Қоңайттырылу, тойындырылып байлану.*

**СЕМІРТІЛУ** *Семіртіл етістігінің қимыл атауы.*

**СЕМІРУ** *Семір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ет алып, май басу.* **2.** *Қоңдану, толу.*

**СЕМЬЯ** ор. зат. сөйл. **1.** ***Отбасы***. **2.** ауыс. *Бір ұяға жиналған аралар тобы.*

**Семья шырқын бұзды.** *Отбасының берекесін кетірді, іріткі салды, ынтымақты бұзды.*

**СЕМЬЯЛЫ** сын. *Үйлі-баранды, ерлі-зайыпты, тұрмыс құрған.*

**СЕМЬЯЛЫҚ** сын. *Семьяға қатысты, соған тән, отбасылық.*

**СЕМИЯН** зат. миф. *Сиқырлайтын дұға.*

**СЕН**[1] есім. *Екінші жақтағы жіктеу есімдігінің анайы жекеше түрі.*

**Сен де бір.** сөйл. жақтырмау. *Біреудің сөзін, ісін жақтырмағанда «қандайсың өзің» деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* **Сенен аяғанды ит жесін.** *Саған бермегенім өзіме де бұйырмасын, аясам арам болсын деген мағынада.* **Сенен аяғанды ит жесін.** *Сенен аяр түгім жоқ, саған бермегенім өзіме де бұйырмасын, арам болсын.* **Сенен келген керді көрермін**. *Қоқайынды, қиянат күшіңді кезінде көріп алармын деген мағынада.* **Сен тұр, мен атайын.** *Бірінен-бірі өткен, таңдаулы, ығай мен сығай.* **Сен тұр, мен атайынның өзі.** *Өзгеге ерік бермейтін, бастырмалатқыш кісі туралы.* **Сенің табаныңа кірген шөгір [шөңге, тікен] менің [біздің] маңдайыма қадалсын**. *Сен тартар тауқымет азапты мен-ақ көтерейін деген мағынада.*

**СЕН**[2] зат. *Малайзия, Сингапур, Бруней, Жапония, Индонезия, Камбоджаның ұсақ ақшасы.*

**СЕН=** ет. **1.** *Біреуге, бір нәрсеге илану, нану.* **2.** *Сенім арту.*

**Сенген қойым сен болсаң [сен бе едің].** *Үміт етіп сенген адамы ойлаған жерінен шықпай, көңілі қалғанда айтылады.*

**СЕНАТ** [лат. senatus] зат. саяси. *Бірқатар елдердегі парламенттің заң шығаратын жоғарғы палатасының аты.*

**СЕНАТОР** зат. саяси. *Сенат мүшелерінің басшысы.*

**СЕНБЕСТІК** зат. *Нанбастық, иланбаушылық, шүбә келтірушілік.*

**Сенбестік білдіру.** *Сенбеу, иланбау.*

**СЕНБЕУШІЛІК** зат. *Нанбаушылық, иланбаушылық.*

**СЕНБІ** зат. *Аптаның алтыншы күні, жұмадан кейін, жексенбіден бұрын келетін күн.*

**СЕНБІЛІК** зат. *Қоғам пайдасы үшін белгілі бір сенбі күні өз еріктерімен көпшілік боп істейтін тазалау, тазарту жұмысы.*

**СЕНГЕНСУ** *Сенгенсі етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНГЕНСІ=** ет. *Нанып қалғансу, иланғансу.*

**СЕНГІЗ=** ет. *Иланғызу, нанғызу.*

**СЕНГІСІЗ** сын. *Адам сенбейтіндей, нанғысыз.*

**СЕНГІШ** сын. *Біреудің айтқанын сын көзбен тексеріп білмей, көне кеткіш, әр нәрсеге нанғыш, иланғыш.*

**СЕНГІШТЕУ** сын. *Нанғыштау, иланғыштау.*

**СЕНГІШТІК** зат. *Нанғыштық, иланғыштық.*

**СЕНДЕЙ** сын. *Сен сияқты, сен секілді.*

**СЕНДЕЛ=** ет. **1.** *Бостан-босқа салпақтау, текке сандалу, әуре болу.* **2.** ауыс. *Мең-зең болу, дел-сал күйге ену.* **3.** ауыс. *Не істерін білмей, дағдару.* **4.** ауыс. *Қайғыру, қапа болу, торығу.*

**СЕНДЕЛБАЙ** зат. қарап. *Салпақтап бос жүретін адам.*

**СЕНДЕЛЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Сендел*** (*текке сандалу*).

**СЕНДЕЛМЕ**[1] зат. вет. *Жел диірменінің жел қағып, оның жұмыс істеуіне бірден-бір күш беретін дөңгелекке орнатылған қалағы.*

**СЕНДЕЛМЕ**[2] зат. вет. *Делбеге ұқсас жылқы ауруы.*

**СЕНДЕЛМЕЛІ** сын. *Сенделмесі бар, қалақтары бар.*

**СЕНДЕЛТ=** ет. **1.** *Сандалту, салпақтату.* **2.** ауыс. *Дел-сал күйге түсіру, мең-зең ету.*

**СЕНДЕЛТУ** *Сенделт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНДЕЛУ** *Сендел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Текке сандалу, бос жүру.* **2.** ауыс. *Мең-зең болу, дел-сал күйге түсу.*

**СЕНДЕЛІС** зат. **1.** *Сандалыс, бос жүріс.* **2.** ауыс. *Дел-сал күйге түсушілік, мең-зеңдік.*

**СЕНДЕЛІСУ** *Сенделіс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНДІК** зат. *Саған тәндік, саған арналған.*

**СЕНДІР=** ет. **1.** *Иландыру, нандыру, сөзіне шүбә келтіртпеу.* **2.** *Сенім арттыру.*

**СЕНДІРГІШ** сын. *Нандырғыш, иландырғыш.*

**СЕНДІРУ**[1] *Сендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНДІРУ**[2] зат. психол. *Адамның өз көзқарасын өзгелерге қабылдатуға бағытталған іс-әрекеті.*

**СЕНДІРУШІЛІК** зат. *Бір нәрсеге нандырушылық, иландырушылық қасиет.*

**СЕНЕ** зат. сөйл. ***Сенек***.

**СЕНЕК**[1] зат. *Үйдегі кіреберіс бөлме, дәліз, ауыз үй.*

**СЕНЕК**[2] зат. жерг. ***Айыр.***

**СЕНЕК**[3] сын. *Жемісі нашар, тұқымы азған (ағаш).*

**СЕНЕР-СЕНБЕС: сенер-сенбесін білмеді.** *Біреуге, бір нәрсеге нанарын я нанбасын, иланарын я иланбасын білмеді.*

**СЕНЕШІК** зат. өс. *Кішірек келген шайырлы өсімдік.*

**СЕНОРМОНТИТ** зат. хим. *Сурьма (III оксидінің Sb2O3 сегіз қырлы кристалды аллотропиялық түр өзгерісі).*

**СЕНСАЦИЯ** [франц. sensation] зат. **1.** *Ерекше оқиғадан, хабардан кейін пайда болатын аса күшті, естен тандырарлық жағдай, әсер.* **2.** *Осындай күшті әсер тудыратын оқиғаның, хабардың нақ өзі, яғни құлақ естіп, көз көрмеген жаңа хабар, таңғаларлық оқиға, тосын оқиға.*

**СЕНСАЦИЯЛЫ** сын. *Сенсацияға толы, дүбірлі.*

**СЕНСАЦИЯЛЫҚ** зат. *Сенсация боларлық, таңғаларлық.*

**СЕНСУАЛИЗМ** [лат. sensus] зат. псих. *Психикалық өмірдің негізі – сезімдік әсерлер деп сипаттайтын ілім.*

**СЕНТИМЕНТАЛИЗМ** [франц. sentimentalisme] зат. әдеб. *Оқиғаны, сюжетті жанашырлық сезімге құратын 18 ғасырдың екінші жартысы мен 19 ғасырдың бас кезінде дамыған көркем әдебиеттегі ағым.*

**СЕНТИМЕНТАЛИСТ** [франц. sentimental] зат. *Сентиментализмге бой ұрған, сары уайымшыл адам.*

**СЕНТИМЕНТАЛИСТІК** сын. *Сентименталиске тән, соған лайық.*

**СЕНТИМЕНТАЛЬДЫ** сын. *Сезімталдық, қиялшылдық, күйреуік сезімге толы.*

**СЕНТИМЕНТАЛЬДЫҚ** сын. *Сентиментализмге тән, күйреуік.*

**СЕНТЯБРЬ** зат. ***Қыркүйек*** (*қазіргі күнтізбе бойынша тоғызыншы айдың аты; күздің бірінші айы*).

**СЕНУ** *Сен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНУЛІ** сын. *Шүбәсіз сенген, нанулы.*

**СЕНУШІ** зат. *Сөзге, пікірге иланып қалушы, нанушы.*

**СЕНУШІЛІК** зат. *Иланушылық, нанушылық.*

**СЕНІКТІ** сын. жерг. *Сенімді, кепілдік беретіндей.*

**СЕНІМ** зат. **1.** *Бір нәрсеге, біреуге көзі жетіп иланушылық сезімі, жеке адамдар арасындағы не жеке адамдар мен қоғам арасындағы, қатынастың сапалық өлшемі; наным.* **2.** *Күткен үміт, ықылас, ниет.* **3.** діни. *Діндегі басты дүниетанымдық ұстаным; Құдайдың барлығына және жалғыз екендігіне сену.*

**Сенім артты [білдірді, көрсетті].** *Үміт күтті, сенді.* **Сенім бекіді.** *Наным артты, сенді, әбден иланды.* **Сенім білдірілді.** кіт. *Сеніп тапсырылды, құзырына үмітпен берілді.* **Сенім вотумы.** саяси. *Үкіметтің белгілі бір акциясын не заң жобасын парламенттегі төменгі палатаның мақұлдауы.* **Сенімге ие болды [кірді].** *Біреудің не бір ұйымның сенімінен шықты, өз адамына айналды.* **Сенімге қол артқызды.** бейн. *Сенімге жетеледі, үмітін жалғады.* **Сенімді ақтады.** *Күткен жерден шықты, үмітін ақтады.* **Сенімді нығайту.** спорт. *Спортшының жарыста жақсы өнер көрсетуіне себепші болуды көздеген арнайы психологиялық әдісті қолдану.* **Сенім жоқ.** *Сенуге болмайтын, сенімсіз.* **Сенім жүктеді.** *Сенім білдірді, сеніп іс тапсырды.* **Сенім көрсетті.** *Сенетіндігін білдірді, сенім артты.* **Сенімнен [сенген жерден, сертінен] шықты.** *Сенімін орындады, сертінде, айтқан сөзінде, уәдеде тұрды.* **Сенім тапты.** *Сенді, иланды.* **Сенім телефоны.** *Қоғамдық орындағы қызметкерлер қызметінің сапасы туралы, жұмысындағы олқылықтар туралы ақпарат беруге болатын телефон.* **Сенімі мол.** *Кәміл сенімді, көзі жеткен.* **Сенімін [үмітін, ойын] ақтаушы.** *Діттеген жерінен шыққан, міндетін орындаған адам.* **Сенімін арттырды.** *Бір нәрсеге деген үмітін бекітті, сенген күйін күшейтті.* **Сенімін жоғалтты.** *Сенімнен айырылды, қадір-қасиетін кетірді.* **Сенімін жойды.** *Сенімін жоғалтты.*

**СЕНІМГЕР** сын. *Сенімді.*

**СЕНІМДІ** сын. **1.** *Сөзге тұрақты, іске берік, сенім артуға болатын.* **2.** ауыс. *Беделді, өтімді.*

**СЕНІМДІЛІК** зат. *Өзіне не өзгеге сенім артушылық, мығымдық.*

**СЕНІМДІРЕК** сын. *Сенімді ақтайтын, сенімділеу.*

**СЕНІМҚАҒАЗ** зат. құқық. ***Сенімхат*** *(ақша не басқа бір нәрсені алу үшін екінші бір кісіге мекеме не біреу тарапынан сеніп берілген куәлік (құжат).*

**СЕНІМПАЗ** сын. *Айтқанға оп-оңай сеніп қалатын, сенгіш.*

**СЕНІМПАЗДЫҚ** зат. *Илана қалушылық, сенгіштік.*

**СЕНІМСІЗ** сын. *Опасыз, тұрақсыз, тұрлаусыз.*

**СЕНІМСІЗДЕН=** ет. *Сенім білдірмеу, күдіктену, қауіптену.*

**СЕНІМСІЗДЕНУ** *Сенімсізден етістігінің қимыл атауы; қауіптену.*

**СЕНІМСІЗДЕУ** сын. *Онша сенімді емес, күдіктілеу.*

**СЕНІМСІЗДІК** зат. *Сенімнен айырылушылық, сенбеушілік.*

**Сенімсіздік білдірді.** а) *Сенбеді, іш тартпады, күмән келтірді.* ә) *Сенімсіз деп тауып, сенімді емес деген шешім шығарды.* **Сенімсіздік жасады [көрсетті].** *Сенбеді, күдіктенді.* **Сенімсіздік туғызу.** *Күмәндандыру, күдіктендіру.*

**СЕНІМХАТ** зат. ресми. *Бір тұлға (сенімхат беруші) екінші бір тұлғаға (сенім жүктелген тұлғаға, өкілге) заңды әрекеттер (мәміле) жасасу үшін берген жазбаша өкілеттік.*

**СЕНІМШІЛ** сын. *Сенімге берік, сенгіш.*

**СЕНІМШІЛДІК** зат. сөйл. *Сенімге беріктік, сенгіштік.*

**СЕНІҢКІРЕ=** ет. *Сене түсіңкіреу, наныңқырау.*

**СЕНІҢКІРЕУ** *Сеніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**СЕНІҢШЕ** үст. *Сенің ойыңша, сенше.*

**СЕНІС=** ет. **1.** *Бір-бірінің адалдығына еш шүбә келтірмей сырласу, ұғынысу, түсінісу.* **2.** *Сенім артысу.*

**СЕНІСТІК** зат. *Бір-біріне риясыз сенгендік, сенім білдіргендік.*

**Сеністік орнады.** *Бір-біріне сенді, сенім білдірді.*

**СЕНІСУ** *Сеніс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕҢ** зат. *Өзендер мен көлдерде, теңіздерде қыс бойы қатып жатқан мұздардың көктемде еріп сынған бөліктері, мұз ағыны.*

**Сең буу.** сушар. *Өзен арнасының мұз өтуі қиын тар ұлескілерінде, иінінде, қайрандарда сең жүру кезіндегі мұздардың жиылған үйіндісі.* **Сең бұзылды.** *Қыстай қатып жатқан мұз жарылды.* **Сең жүрді.** *Қыстай қатып жатқан мұз жарылып, ағыспен жылжып ақты.* **Сең соққан балықтай [жайындай].** *Ес жия алмады, есеңгіреп, сандалып қалды.*

**СЕҢГІР** сын. *Зәулім, биік, заңғар.*

**СЕҢГІРДЕЙ** сын. *Сеңгір сияқты, биік.*

**СЕҢГІРЛЕК** зат. өс. ***Таспа*** *(бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік, шала бұта.*

**СЕҢГІРЛЕН=** ет. *Зәулімденіп биіктеу, оқшыраю.*

**СЕҢГІРЛЕНУ** *Сеңгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕҢГІР-СЕҢГІР** сын. *Биік-биік, зәулім-зәулім.*

**СЕҢДЕЙ** сын. *Сең сияқты, сең тәрізді.*

**Сеңдей соғылды [ағылды, соғылысты, соқтығысты].** *Сапырылысты, иін тіресті, ығы-жығы болды.*

**СЕҢДІ** сын. *Сең жүріп жатқан (су).*

**СЕҢКЕ** зат. *Кебегінен айырылып тартылған ақ бидай ұны.*

**СЕҢСЕҢ** зат. *Марқайған қозының қырқылмаған, жүндес терісі.*

**Сеңсең бөрік [далбай, құлақшын, тымақ].** этн. *Сеңсең теріден жасалған баскиім.* **Сеңсең тон [тұлып, ішік].** этн. *Сеңсеңнен тігілген сырт киім.* **Сеңсең шалбар.** этн. *Сеңсең теріден тігілген, бұтқа киетін сырт киім.* **Сеңсең ішік.** этн. *Марқайған қозының қырқылмаған өскелең жүн терісінен тігілген ішік.*

**СЕҢШЕ** үст. *Сең тәрізді, сең сияқтанып.*

**Сеңше соғылысты.** *Сеңдей соғылысты.*

**СЕП**[1] зат. *Күш, жәрдем, көмек, пайда.*

**Себін тигізу.** *Көмектесу, ықпал ету.* **Себі тиді.** *Қолғабыс етті, қол ұшын берді, жәрдемдесті.* **Сеп болды.** *Пайдасы тиді, жәрдемдесті.*

**СЕП**[2] зат. этн. *Жасау, дүние-мүлік.*

**Септі бұзу.** этн. *Марқұмның буылып-түйілген киім-кешектері мен жеке заттарының байланған бауын жылы толғанда немесе асын бергенде құрметті, сыйлы, үзеңгі жолдас адамы кесу рәсімі.*

**СЕП=** ет. **1.** *Айдалған жерге ұрық шашу, дән себу.* **2.** *Тағам жақсы сақталу үшін не дәмді болу үшін оған тұз, қанттарды т.б. қосу, араластыру.*

**СЕПАРАТИЗМ** [лат. separatus] зат. саяси. *Бөлінушілікке, оқшаулыққа бой ұратын саяси ағым.*

**СЕПАРАТИСТ** зат. саяси. *Сепаратистік ағымға қосылған; ымырашыл, келісімпаз.*

**СЕПАРАТИСТІК** сын. саяси. *Сепаратизмге қатысты, соған тән.*

**СЕПАРАТОР** [лат. separator] зат. *Сүттен қаймақ, май айыру үшін арнайы жасалған мәшине, сүтмәшине.*

**СЕПАРАЦИЯ** [лат. separatio] зат. хим. *Қоспадағы әртүрлі қатты заттардың түйіршіктерін, тығыздығы әртүрлі сұйықтарды, эмульсияларды, сондай-ақ бу мен газдардағы қалқыма қатты түйіршіктерді немесе сұйық тамшыларын бір-бірінен ажырату үдерістері.*

**СЕПАРАЦИЯЛА=** ет. тех. *Зат бөлшектерін ажырату, айыру.*

**СЕПАРАЦИЯЛАУ** тех. *Сепарация-ла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дайында-маларды немесе бөлшектерді белгілі бір қасиетіне қарап жіктеу.* **2.** *Газдың қатты және сұйық бөлшектерін бөліп алу немесе қатты бөлшектерін сұйық бөлшектерден ажырату немесе қоспаны құраушы бөліктерге бөлу.*

**СЕПАҺИ** зат. ескікіт. *Әскер, жауынгер.*

**СЕПКІЗ=** ет. *Септіру, шашқызу.*

**СЕПКІЛ** зат. сөйл. ***Секпіл.***

**СЕПКІЛГҮЛ** зат. өс. <лат. fritillaria> *Лалагүл тұқымдасына жататын көп жылдық жуашықты өсімдік.*

**СЕПКІЛ-СЕПКІЛ** сын. *Бетте, денеде ұсақ-ұсақ қоңыр дағы бар.*

**СЕПКІШ** зат. тех. **1.** *Дән, ұрық себетін, себу жұмысын орындайтын мәшине.* **2.** *Құбыршалы шүмегі бар шелек тәрізді, гүлге, бақшаға су себуге арналған ыдыс.*

**СЕППЕ** зат. құр. *Еденді жылылауға арналған құрылыс материалы.*

**СЕППЕЛЕР** зат. геол. *Кристалдар сынығы немесе тектоникалық қозғалыстар кезінде желілерде жаралатын кристалдар.*

**СЕППЕЛІЛІК** зат. геол. *Кіріктіруші таужыныс құрамында жекелеген түйірлер мен шағын шоғыршалар түрінде ұшырасатын минералдар тобы.*

**СЕПСЕГҮЛ** зат. өс. ***Тегеурінгүл.***

**СЕПСЕҚУРАЙ** зат. өс. ***Тегеурінгүл.***

**СЕПСЕҚУЫР** зат. өс. *Алақан жапырақты, емдік қасиеті бар, құрай типтес өсімдік.*

**СЕП-СЕЛДІР** сын. *Сұп-сұйық, қадау-қадау, сирек.*

**СЕП-СЕМІЗ** сын. *Денесін май басқан, қатты семірген.*

**СЕП-СЕРГЕК** сын. *Шып-шырақ, жып-жинақы.*

**СЕПСИС** [лат. sepsis] зат. мед. *Жұқпалы аурулар микробының денеге жайылып кетуінен болатын ауру түрі.*

**СЕПСУ** *Сепсі етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПСІ=** ет. *Тапжылмау, қозғалмау, шеті бұзылмау.*

**СЕПТЕ**[1]**=** ет. **1.** *Жүн не қылшықтан есілген жіп-шулардың үзілген жерлерін қайта ширатып жалғау; біріктіру.* **2.** ауыс. *Байланыстыру, жалғастыру, ебін табу, ұластыру.*

**СЕПТЕ**[2]**=** ет. лингв. *Сөздерге септік жалғауларының қосымшаларын жалғап түрлендіру.*

**СЕПТЕ**[3]**=** ет. **1.** *Тігу, жамау.* **2.** *Жәрдем беру.*

**СЕПТЕЛ=** ет. *Сөздердің септік жалғаулары арқылы өзгеруі.*

**СЕПТЕЛУ** *Септел етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПТЕС=** ет. *Бір-біріне себі тию, көмектесу.*

**СЕПТЕСТІК** зат. *Жалғасушылық, септесушілік; тұтастық.*

**СЕПТЕСТІР=** ет. **1.** *Бір-бірімен байланыстыру, дәнекер болу.* **2.** *Сабақтастыру, жалғастыру.*

**СЕПТЕСТІРУ** *Септестір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПТЕСУ** *Септес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПТЕТ=** ет. *Жалғату, тоқыту.*

**СЕПТЕТУ** *Септет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПТЕУ**[1] *Септе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үзілген жіптің ұшын ширатып жалғау.* **2.** ауыс. *Байланыстыру, жалғастыру, ұластыру.*

**СЕПТЕУ**[2] *Септе етістігінің қиымыл атауы.*

**СЕПТЕУШІ** зат. *Септейтін, байланыстыратын адам.*

**СЕПТІК**[1] зат. *Бітпей жатқан іске тигізетін демеу, қосымша күш, көмек, жәрдем.*

**Септігін тигізді.** *Пайдасы тиді, сеп болды.* **Септігі тиді.** *Көмектесті, көмегі тиді.* **Септік жасау.** *Көмектесу, жәрдемдесу.*

**СЕПТІК**[2]**: септік жалғау.** лингв. *Сөздерді септеу кезінде жалғанатын қосымшалар.*

**СЕПТІР=** ет. *Ұрық, тұқым, егін, дән шаштыру.*

**СЕПТІРТ=** ет. *Тұқым, су т.б. шаштырту.*

**СЕПТІРТУ** *Септірт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПТІРУ** *Септір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕПШІЛ** сын. *Епшіл, икемшіл.*

**СЕР** зат. көне. *Батыр, ержүрек.*

**СЕРБЕК**[1] зат. анат. *Жамбас сүйектің сыртқа қарай шығып тұрған бөлігі.*

**СЕРБЕК**[2] зат. өс. <лат. brachanthemum> *Шөптесін өсімдік.*

**СЕРБЕКТІ** сын. *Сербегі шығыңқы, көтеріңкі.*

**СЕРБЕЛЕ=** ет. *Ерекшелеу, жоғары мән беру.*

**СЕРБЕҢ** зат. жерг. ***Сербек.***

**СЕРБЕҢДЕ=** ет. сөйл. *Ербеңдеу, ербеңербең ету.*

**СЕРБЕҢДЕТ=** ет. *Ербеңдету, ербең-ербең еткізу.*

**СЕРБЕҢДЕТУ** *Сербеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРБЕҢДЕУ** *Сербеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРБИ=** ет. сөйл. ***Селти.***

**СЕРБИЮ** *Серби етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРБОЙДАҚ** зат. *Қалыңдық таңдап үйленбей жүретін сақа жігіт.*

**СЕРВАНТ** [франц. servante] зат. *XIX ғасырдағы көне неміс стилінің түрлі формалы варианттарында кездесетін түрлі сипаттағы бұйым; әртүрлі ыдыс-аяқтар қою үшін жасалған, беті әйнекті, шағын буфет.*

**СЕРВЕЛАТ** зат. тамақ. *Ысталған, сүрленген шұжық түрі.*

**СЕРВЕР** [ағыл. server] зат. инф. **1.** *Есептеу желілері құрамындағы бірнеше компьютерлерге ортақ шалғай құрылғыларды: лазерлік принтерді, дискілерді, модемді пайдалану кезегін тағайындап отыратын негізгі түйінді компьютер.* **2.** *Басқа клиенттерге қызмет ететін, олардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарлама.*

**СЕРВЖЕТЕК** [ағыл. the servodriver] зат. тех. *Автоматтық реттеу жүйесінің атқару механизмінің күштік элементі.*

**СЕРВИЗ** [франц. service] зат. *Шайға, асқа арналған ыдыс-аяқтардың толық жиынтығы, әбзел.*

**СЕРВИС** [service] зат. **1.** *Пайдаланушыға қызмет көрсетуге арналған құралдар жиынтығы.* **2.** инф. *Жоғары деңгейдегі нысанға осы деңгейлердің арасындағы интерфейс арқылы қатынас құруды жасақтайтын есептеу желісінің бағдарламалық құрылымы деңгейлерінің біріндегі қызметтердің жиынтығы.* **3.** экон. *Тауарларды (бұйымдарды) өткізумен және пайдаланумен байланысты қызметтер кешенін қамтамасыз ететін маркетинг атқарымы.*

**СЕРВИСТІК** сын. *Сервиске тән, сервиске қатысты.*

**СЕРВИТУТ** [лат. servitus] зат. **1.** заң. *Бөтен біреудің мүлкін белгілі бір шекте заңмен немесе шартпен бекітілген пайдалану құқығы.* **2.** саяси. *Бір мемлекеттің аумақтық егемендігін басқа мемлекеттің пайдасына шектеу.*

**СЕРВО** зат. [ағыл. serve] *Автоматты реттейтін немесе қолмен басқаруды жеңілдететін, көмекші деген мағынадағы техникалық сөздердің алғашқы сыңары.*

**СЕРВОКҮШЕЙТКІШ** зат. тех. *Қозғалыс параметрлерін дәл басқаруға мүмкіндік беретін теріс кері байланыс арқылы тарту.*

**СЕРМОМОТОР** зат. тех. *Қозғалтқышты басқаруға арналған, рульді бұру өзгерістеріне арналған механизм.*

**СЕРВОСЫЗЫҚЖОЛ** [ағыл. servotrack] зат. инф. *Белгілі бір орынға оқу-жазу тетігін қоюға арналған диск бетіндегі сызықжол.*

**СЕРГЕК** сын. **1.** *Сақ ұйықтайтын, сезімтал.* **2.** ауыс. *Жеңіл, ширақ.* **3.** ауыс. *Ұққыш, ұғымтал, зерек.* **4.** ауыс. *Ұқыпты, пысық, байыпты.*

**Сергек тартты.** *Көңіл күйі жақсарды, сергіді.*

**СЕРГЕКТЕН=** ет. **1.** *Серги түсу, ұйқысы ашылу.* **2.** ауыс. *Пысу, сақаю, ширау.*

**СЕРГЕКТЕНУ** *Сергектен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРГЕКТЕУ** сын. *Сергегірек, ширағырақ.*

**СЕРГЕКТІК** зат. *Ширақтық, сезімталдық.* **2.** психол. *Ағзаның сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынасын, яғни оның мақсатты бағыттағы мінез-қылығын қамтамасыз етуге жеткілікті ми белсенділігінің деңгейі.* **3.** ауыс. *Сақтық, қырағылық.*

**Сергектік көрсетті.** *Сергек қимылдады, қалт жібермеді.*

**СЕРГЕКТІЛІК** зат. псих. ***Сергектік.***

**СЕРГЕЛДЕҢ** зат. *Ес жиғызбас ауыртпалық, әуре-сарсаң.*

**Сергелдең болды.** *Ығыры шықты, дал болды.* **Сергелдеңге салды.** *Әуреге салды, әбігерге түсірді.* **Сергелдеңге түсті [ұшырады].** *Әбігерге түсті, әуре болды.*

**СЕРГУ** *Сергі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бой жазып тынаю, тынығу.* **2.** *Көңілі сергек тарту, жадырау.*

**СЕРГІ=** ет. **1.** *Денесі сергек тарту, жеңілдену.* **2.** *Көңілі жадырау.*

**СЕРГІҢКІРЕ=** ет. *Көңілі көтеріліңкіреу, жеңілдеңкіреу.*

**СЕРГІТ=** ет. *Ширату, тыңайту, жадырату.*

**Сергіте суару.** сушар. *Күн қатты ысып кеткен кезде, егістікті келесі суару кезегін күтпей суару.*

**СЕРГІТКІШ** сын. *Көңіл жадырататын, сергектік беретін.*

**Сергіткіш сусын.** тамақ. *Адамның жүйке орталықтары мен бұлшық еттеріне әсер етіп, көңілін жадырататын сусын.*

**СЕРГІТУ** *Сергіт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРДЕБЕ** зат. жерг. ***Серне.***

**Сердебе құрды.** сөйл. *Серне жасады.*

**СЕРДЕБЕЛЕП=** ет. **1.** *Сердебе жасау, серне дайындау.* **2.** ауыс. *Көп шығындалу, шашылу.*

**СЕРДЕМЕ** зат. ескікіт. *Сандалу, сергелдеңге түсушілік.*

**СЕРДОЛИК** зат. геол. *Минерал, қызғылт-сары немесе сары түсті халцедон.*

**СЕРЕ** зат. халықтық өлшем. *Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.*

**Сере қазы.** этн. *Сүбе майының қазысы сере қарыс, өте семіз қазы.*

**СЕРЕЙ** зат. миф. *Орман перісі [ол кейде албастылардың басшысы және күйеуі ретінде суреттеледі. Серейдің сыртқы пішіні: бойы ұзын, кеудесі үлкен, қол-аяғы жіп-жіңішке, тұяқты болып келеді және соядай тырнақтары болады].*

**СЕРЕЙ=** ет. **1.** *Ұзынынан сұлай жату, тыраю.* **2.** *Қақиып қатып қалу, сораю, состию.*

**СЕРЕЙГЕН** сын. **1.** *Ұзын тұра, бойшаң.* **2.** *Сорайған, қоқиған.*

**СЕРЕЙГЕН-СЕРЕЙГЕН** сын. *Бойшаң-бойшаң келген, ұзын тұра.*

**СЕРЕЙМЕ** сын. *Әбден толтырылған, нығарланған.*

**СЕРЕЙТ=** ет. **1.** *Ұзынынан сұлату, ұзынынан түсіріп құлату.* **2.** *Сорайту, қақшиту, соститу.*

**СЕРЕЙТУ** *Серейт етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРЕЙІҢКІ** сын. *Ұзара біткен, сорайыңқы.*

**СЕРЕЙІП-СЕРЕЙІП=** ет. **1.** *Қаз-қатар сораю, состию.* **2.** *Қатарынан сұлау, тыраю.*

**СЕРЕК** сын. *Сыриған ұзын, сорайған.*

**Серек құлақ.** *Ұзынша келген, тікше құлақ.* **Серек тас.** *Биік тас.*

**СЕРЕКҚҰЛАҚ** зат. этн. *Қыз бөрі ойынының екінші аты.*

**СЕРЕНАДА** [франц. serenade] зат. муз. *Роман тілді халықтардағы ғашығына жолығуға ынтазарлық білдіріп, кездесуге шақыратын кешкі лирикалық ән.*

**СЕРЕҢ: сереӊ етті.** *Ұзынынан сұлап түсті, тыраң асты.*

**СЕРЕҢДЕ=** ет. **1.** *Сораң-сораң ету.* **2.** *Ербеңдеп, ебедейсіз қозғалу, салақтау.* **3.** *Серею, тыраю.*

**СЕРЕҢДЕС=** ет. *Ербең-ербең етісіп өрескел қимылдасу; көлбеңдесу.*

**СЕРЕҢДЕСУ** *Сереңдес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРЕҢДЕТ=** ет. *Ербеңдету, ербең-ербең еткізу.*

**СЕРЕҢДЕТУ** *Сереңдет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРЕҢДЕУ** *Сереңде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРЕҢКЕ** зат. сөйл. ***Сіріңке.***

**СЕРЕҢ-СЕРЕҢ: сереӊ-сереӊ етті.** а) *Сораң-сораң етті, одыраңдады.* ә) *Ербең-ербең етті, ербеңдеді.*

**СЕРЕТЕ** зат. жерг. *Үстінде үйілген қорымы бар, адам қойылған жер.*

**СЕРЕЮ** *Серей етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРЖАНТ** [франц. sergent] зат. әск. *Әскерлер мен милиция қатарындағы кіші командирлерге берілетін үш дәрежелі атақ: аға сержант, сержант, кіші сержант.*

**СЕРЖАНТТЫҚ** зат. әск. *Сержант болғандық.*

**СЕРИЦИТ** [лат. serikos] зат. геол. *Минерал, мусковиттің майда қабыршақты түрі.*

**СЕРИЦИТТЕНУ** зат. геол. *Өзге минералдар есебінен метасоматоздық гидротермалық жолмен серицит минералының қалыптасу процесі.*

**СЕРИЯ** [лат. series] зат. **1.** *Фильмнің ретті жалғасы.* **2.** *Бір маркамен шығарылатын ұқсас бұйымдар.*

**СЕРИЯЛАП** үст. *Топ-тобымен, көп-көптен.*

**СЕРИЯЛЫ** [ағыл. serial] сын. *Бірнеше сериядан тұратын, көп сериясы бар.*

**СЕРИЯЛЫҚ** сын. **1.** *Серия бойынша, серияға тән.* **2.** *Бірнеше сериядан тұратындық.*

**СЕРКЕ** зат. **1.** *Бес-алты жастағы тарттырылған теке.* **2.** ауыс. *Соңынан жұрт ерткен ел ағасы, беделді азамат.*

**Серке санды.** *Саны серкенің санындай жұмыр келген, бұлшық етті.* **Серкесінен айырылды.** *Ардақты, бастаушы азаматсыз қалды.* **Серке тартты.** этн. *Көкпар тартты.*

**СЕРКЕДЕЙ** сын. *Серке сияқты, серке тәрізді.*

**СЕРКЕЛІ** сын. *Серкесі бар, қойына серке қосқан.*

**СЕРКЕЛІК** зат. *Жұртқа бас болушылық, топ бастаушылық.*

**СЕРКЕСІЗ** сын. *Серкесі жоқ, серке қосылмаған.*

**СЕРКЕТАРТЫС** зат. этн. сөйл. ***Көкпар.***

**СЕРКЕШ** зат. *Ешкінің бір мен екі жас ара-лығындағы тарттырылған еркегі.*

**СЕРКЕШТЕП** үст. *Серкеш қосып, серкеге бастатып.*

**Серкештеп жылқы айдады.** *Үйір алдына көсем жылқы салды.*

**СЕРКЕШІК** зат. экспр. ***Серкеш*** *(еркек ешкінің бір жастан асқанда тарттырылғаны).*

**СЕРЛЕ[1]=** ет. **1.** *Жортуылдау.* **2.** *Алқымдау; жақындау.*

**СЕРЛЕ[2]=** ет. *Ойлану, пайымдау.*

**СЕРЛЕТ=** ет. **1.** *Жаңбырдың, жауынның нөсерлете екпінмен жауыы.* **2.** ауыс. *Құйқылжыту, төгілту, нөсерлету.*

**СЕРМЕ=** ет. **1.** *Құлаш керіп ұру, сілтеу, қозғау.* **2.** *Аяқты қатты серпу; тебу.* **3.** ауыс. *Көсілте түсу, төгілту.* **4.** ауыс. *Талпыну, ұмтылу, талаптану.*

**СЕРМЕЛ=** ет. *Сілтену, құлаш керіп ұрылу.*

**СЕРМЕЛЕ=** ет. *Қайта-қайта сермеу, сілтемелеу.*

**СЕРМЕЛЕУ** *Сермеле етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРМЕЛУ** *Сермел етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРМЕН=** ет. *Ұмтылу, талпыну.*

**СЕРМЕНДЕ** зат. **1.** *Өзінікі ғана жөн, өзгенікі теріс деп түсінушілік.* **2.** *Сенделіп босқа жүрген адам.*

**СЕРМЕНЕ** зат. өс. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕРМЕП-СЕРМЕП=** үст. *Үсті-үстіне сермелеп.*

**СЕРМЕР** зат. тех. *Кинетикалық қуатты жинауға арналған айналып тұратын ауыр доңғалақ.*

**СЕРМЕС=** ет. **1.** *Сілтесу, қару жұмсау.* **2.** *Ербеңдесу, ербең-ербең еткізу.*

**СЕРМЕСУ** *Сермес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРМЕТ=** ет. *Сілтету, ұрғызу.*

**СЕРМЕТУ** *Сермет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРМЕУ[1]** *Серме етістігінің қимыл атауы; сілтеу, ербеңдету.*

**СЕРМЕУ[2]** зат. спорт. *Гимнастикалық жабдыққа асылып немесе оның бір жерінен ұстап барлық денемен немесе оның басқа мүшелерімен (қолмен, аяқпен) еркін, кең қимыл жасап тербелу.*

**СЕРНЕ** зат. этн. жерг. *Бірнеше үйдің адамы бірігіп, мал сойып жеу, бас қосу салты.*

**Серне жеу.** этн. *Жылқышылар арасындағы кәде-жоралғылардың бірі [Қыста соғым сойылған соң жылқышы сәнді киініп, айғыр ерттеп мініп, ауыл аралап, қыдыруға шығуын серне жеу деп атайды].*

**СЕРОДИАГНОСТИКА** [лат. serum – сыворотка, қан сарысуы + диагностика] зат. вет. *Аурудың қан сарысуының қасиеттерін зерттеу.*

**СЕРОЛОГИЯ** [лат. serum] зат. биол. *Қанның фибрин мен қан түйіршіктерінен айрылған сұйық бөлігі, қан сарысуының иммунобиологиялық қасиеттері туралы ілім.*

**СЕРОЛОГИЯЛЫҚ: серологиялық реакциялар.** вет. *Арнаулы антителаларды табу мақсатымен мал қанының сарысуын зерттеу әдісері.*

**СЕРПАНТИН** [франц. serpentin] зат. **1.** *Карнавалдар мен маскарадтарда шашылатын, түрлі түсті жіңішке қағаз таспалар.* **2.** *Таудағы ирелең жол.*

**СЕРПЕНТИН** [лат. serpentinus] зат. хим. *Силикаттар класының қабатты типіне жататын минерал.*

**СЕРПЕНТИНДЕНУ** зат. геол. *Құрамына дала шпаттарын кіріктірмейтін, негізінен оливиннен тұратын ультранегізді таужыныстардың магма әрекетінен кейін өтетін өзгерістері.*

**СЕРПЕНТИНИТТЕР** зат. геол. *Гипербазиттердің гидротермалық-автометасоматоз жағдайында өзгеруі (серпентиндену) нәтижесінде қалыптасатын таужыныстар.*

**СЕРПЕНТИНСІЗДЕНУ** зат. геол. *Серпентиндену процесіне қарама-қарсы процесс [серпентиниттердің өз бойындағы су молекулаларынан арылып, қайтадан оливиниттерге, перидотиттерге және т.б. «сусыз» таужыныстарға айналу процесі].*

**СЕРПУ** *Серпі етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІ=** ет. **1.** *Аяқ не қолды шұғыл сермеу, сілтеу.* **2.** *Көрпені, дастарқанды т.б. затты ысырып тастау, итеру.* **3.** *Ығыстыру, жоқ қылу, аластау.* **4.** ауыс. *Самғау, асып-тасу, дандайсу.*

**СЕРПІЛ=** ет. **1.** *Қимылдау, қозғалу.* **2.** *Күннің бұлт пен тұманнан ашылуы.* **3.** ауыс. *Ығыстырылу, жоқ болу, аласталу.* **4.** ауыс. *Шегіну, артқа қарай жылжу, кері қайту.* **5.** ауыс. *Сергу, бой жазу.*

**СЕРПІЛДІР=** ет. **1.** *Сейілдіру, жоқ қылу.* **2.** ауыс. *Сергіту, көңілін көтеру.*

**СЕРПІЛДІРУ** *Серпілдір етістігінің қимыл атауы, сейілдіру, жоқ қылу.*

**СЕРПІЛМЕ**[1] зат. спорт. *Гимнастикада түйетайлы келген, серпілмелі, оңай көтерілетін жабдық.*

**СЕРПІЛМЕ**[2] зат. окказ. ***Трамплин.***

**СЕРПІЛМЕЛІ** сын. *Пружина сияқты серпіп тастайтын, серіппелі.*

**СЕРПІЛТ=** ет. *Сейілту, сергіту, уайым-қайғыдан арылту.*

**СЕРПІЛТУ** *Серпілт етістігінің қимыл атауы, сергіту.*

**СЕРПІЛУ** *Серпіл етістігінің қимыл атауы; сергу, бой жазу.*

**СЕРПІЛІС**[1] зат. **1.** *Құлшыныс, қуат; көтеріңкі көңіл күй, шабыт; тебіреніс.* **2.** экон. *Өнеркәсіптегі, саудадағы және шаруашылықтың басқа да салаларындағы қысқа мерзімді өрлеу.* **3.** *Қандай да бір шара, оқиға, қызмет т.б. төңірегіндегі жанданыс.*

**Серпіліс жасады [танытты, тапты].** *Қарқын көрсетті, құлшынды, шабыттанды.*

**СЕРПІЛІС**[2] сын. *Серпіп тастайтын, серіппелі.*

**СЕРПІЛІС=** ет. *Көңілденісу, жадырасу.*

**СЕРПІМДІ** сын. сөйл. *Серпілмелі қасиеті бар, серпінді.*

**Серпімді гистерезис.** физ. *Серпімді дене деформациясы дамуының түсірілген механикалық кернеуден уақыт бойынша қалыс қалуы; деформация мен кернеу арасындағы бір мәнді емес тәуелділік.* **Серпімді деформация.** физ. *Өзін тудырған күштердің әсері тоқтатылғаннан соң жоғалып кететін деформация.* **Серпімді соқтығысу.** физ. *Кинетикалық энергияның қосындысы өзгермейтін бөлшектерінің соқтығысуы.* **Серпімді толқындар.** физ. *Серпімді ортадағы механикалық ұйытқулардың таралуы.* **Серпімді тұрақтылық.** экол. *Экожүйенің жылдам қалпына келу қасиеті.* **Серпімді шашырау.** физ. а) *Фотондардың жиілігі өзгермейтін кездегі жарық шашырауы.* ә) *Микробөлшектердің олардың ішкі күйі өзгермейтін кездегі шашырауы.* **Серпімді шеміршек.** анат. <лат. cartilagineua elasticus> *Қаңқалық дәнекер ұлпасының түрі.*

**СЕРПІМДІЛІК** зат. физ. *Сыртқы күш әсері тоқтаған кезде денелердің пішіні мен өлшемдерінің бастапқы қалпына оралуын көрсететін сипаттама; серпілмелі қасиеті барлық.*

**Серпімділік модульдары.** физ. *Аз деформация кезінде материалдың серпімді қасиетін сипаттайтын шамалар.* **Серпімділік теориясы.** физ. *Механикалық серпімді денеде жүктеменің әсерінен туатын орын ауыстыруды, деформацияны және кернеуді зерттейтін бөлімі.*

**СЕРПІН** зат. **1.** *Сыртқа тебетін күш.* **2.** ауыс. *Екпін, қарқын, қайрат, әсер.*

**Серпіні сегіз болды.** *Беделі артты, айтқаны болды, дәуірі жүрді.*

**СЕРПІНДЕ=** ет. **1.** *Серпе тарту, желдірмелету.* **2.** ауыс. *Екпіндеу, қарқындау.*

**СЕРПІНДЕТ=** ет. *Серпе тарту.*

**СЕРПІНДЕТУ** *Серпіндет етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІНДЕУ** *Серпінде етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІНДІ** сын. *Қарқынды, үдемелі.*

**Серпінді жобалар.** *Үдемелі, қарқынды түрде дамуға негіз болатын жобалар.* **Серпінді тіреуіш.** физ. *Кейбір аппараттардың тербелісін, қозғалысын шектемеу үшін қолданылатын тіреу түрлері.*

**СЕРПІНДІЛЕУ** сын. *Қарқындылау, екпінділеу.*

**СЕРПІНДІЛІК** зат. *Серіппелі қасиеті барлық.*

**СЕРПІНДІР=** ет. *Шегіндіру, серпілдіру.*

**СЕРПІНДІРУ** *Серпіндір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІНСИЫМДЫЛЫҚ** зат. геол. *Сұйықтармен толық қаныққан таужыныс құрамынан қысым бір бірлікке кемігенде алынған сұйық көлемінің сол таужыныстың жалпы көлеміне қатынасы.*

**СЕРПІНУ** *Серпін етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІҢКІРЕ=** ет. *Серпіп тастаңқырау, қайыру.*

**СЕРПІП-СЕРПІП=** ет. *Қайта-қайта сілтеу.*

**СЕРПІС** зат. *Серпіліс, серпім.*

**СЕРПІС=** ет. *Сілтесу, сермесу.*

**СЕРПІСТЕЙ** син. *Серпіс сияқты, серпіс тәрізді.*

**СЕРПІСУ** *Серпіс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРПІТ=** ет. *Сейілту, жоқ ету.*

**СЕРТ** зат. *Уағдалы сөз, ант.*

**Серт байласты.** *Уәделесті.* **Серт берді [етті, қылды].** *Уәде берді, ант берді.* **Серт берісті.** *Серттесті, уағдаласты.* **Серт бұзды.** *Берген сөзін орындамады, уәдеден тайды, айныды.* **Сертке жетті.** *Келісімде тұрды, сөзін бұзбады.* **Серттен тайды [сертін бұзды].** *Уәдеде тұрмады, сөзден айныды, өз сөзін аяқасты қылды.* **Сертінде тұрды.** *Берген уәдесін бұзбады, сөзінде қалды.*

**СЕРТЕК** зат. *Желеткенің жеңіл және сәнді түрі.*

**СЕРТИФИКАТ** [лат. sertum – дұрыс, facere – жасау] зат. **1.** *Иеленушіде белгілі бір білім мен білік бар екенін куәландыратын, белгілі бір фактіні растайтын құжат.* **2.** экон. *Тауардың сапасын, салмағын, шығу тегін және басқа қасиеттерін растайтын құжат.*

**СЕРТИФИКАТТАУ** зат. *Өнімнің азаматтардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және айналадағы ортаға қауіпсіз болуы талаптарына сай келуін тексеру үдерісі.*

**СЕРТТЕС=** ет. *Ант берісу, уағдалы сөз айтысу.*

**СЕРТТЕСТІР=** ет. *Анттастыру, уәделестіру.*

**СЕРТТЕСТІРУ** *Серттестір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРТТЕСУ** *Серттес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРТТІ** сын. *Уәделі, антты.*

**СЕРТТІЛІК** зат. *Бел буып, білек сыбанатындай мызғымастық, батылдық, тұрақтылық.*

**СЕРТШІЛ** сын. *Сертте тұрғыш, уәдеге берік.*

**СЕРТШІЛДІК** зат. *Сөз бергіштік, уәдешілдік.*

**СЕРТІК: сертік мұрт [мұртты].** жерг. *Селтиген, сирек мұрт.*

**СЕРУ**[1]**: серу ағаш.** этн. *Өрмек жіптерін шатастырмау үшін бір астыңғы, бір үстіңгі жіпті теріп, екі-екіден байлап қоятын, жерден көтеріңкілеу етіп керіп тұратын таяқша.*

**СЕРУ**[2] зат. жерг. *Жастықтың ішкі тысы.*

**СЕРУЕН** [ир. ساروان] зат. *Бой жазып қыдырушылық, көңіл сергіту әрекеті.*

**Серуен алаңы.** *Демалатын саябақ, саяжол, орын.* **Серуенге шықты.** *Серуендеді, қыдырды.* **Серуен жасады [етті].** *Аралап, қыдырыстады, бой жазды.* **Серуен құрды.** *Сайрандады, қыдырды.* **Серуен салды.** *Қыдырды, саяхаттады, сайрандады.*

**СЕРУЕНДЕ=** ет. *Бой жазып қыдыру, сергу.*

**СЕРУЕНДЕГІШ** сын. *Көп серуендейтін, қыдыруға құмар.*

**СЕРУЕНДЕТ=** ет. *Сергіту, қыдырту.*

**СЕРУЕНДЕТУ** *Серуендет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Далаға шығару.* **2.** *Қыдырту, серуенге шығару.*

**СЕРУЕНДЕТІЛ=** ет. *Далаға шығарылу, жайылу.*

**СЕРУЕНДЕТІЛУ** *Серуендетіл етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРУЕНДЕУ** *Серуенде етістігінің қимыл атауы.*

**Серуендеуге шықты.** *Серуенге шықты, қыдырды.*

**СЕРУЕНДІ** сын. *Серуен құрған, серуендеген.*

**СЕРУЕНДІК** сын. *Серуенге лайық, ойын-күлкілік.*

**СЕРУЕНШІ** зат. *Серуен құрушы, қыдырушы.*

**СЕРУЕНШІЛ** сын. *Серуенге шыққыш, серуенге жаны құмар.*

**СЕРУЛЕН=** ет. *Жігерлену, сергу, күшке ену.*

**СЕРІ**[1] зат. **1.** *Жүйрік ат, ұшқыр тазы, қыран құс ұстайтын, әрі әнші, әрі ақын, сегіз қырлы, бір сырлы өнерлі жігіт.* **2.** ауыс. *Сәнқой, таза жүріп-тұруды ұнататын жігіт.*

**Сері жігіт.** этн. а) *Ән-жырға жаны құмар, өз жанынан өлең шығаратын, өнер сүйгіш, жүрген жерін думан-тойға айналдыратын, жабығуды білмейтін сауыққой жігіт.* ә) *Сәнқой, үсті-басына қыл жұқтырмайтын, таза жүріп-тұруды ұнататын жігіт.* **Сері мінезді.** *Өзін серілеу ұстайтын, кербез (адам).*

**СЕРІ**[2]**: серіге шығу.** *Серуен құру.*

**СЕРІК** [ар. شريك] зат. **1.** *Жолда бірге жүрісетін не бірге жұмыс істейтін т.б. тағдыры ортақ адамдар.* **2.** ауыс. *Ермек, алданыш.*

**Серік аруақ, серік бақ.** *Аруақ та, бақ та жалғыз болмайды.* **Серік қылды.** *Бірге алып жүрді, тастамады.*

**СЕРІКСІЗ** сын. *Серігі жоқ, жалғыз.*

**СЕРІКТЕС**[1] зат. **1.** *Күрес пен шайқастарда бірге сыннан өткен, бір сапта болған пікірлес, жолдас.* **2.** *Қандай да бір саяси немесе экономикалық одақ, бірлестік бойынша компаньон, әріптес.* **3.** *Ойлары ортақ, қатарлас жүрген адам. // Достас, ортақтас.*

**Серіктес қала.** *Қанаттас шаһар.* **Серіктес элементтер.** экол. *Жер қойнауында өте аз кездесетіндіктен, меншікті минералдар құрамай,*

*басқа минералдардың кристалдық торларына кіретін элементтер.*

**СЕРІКТЕС=** е т. *Ортақтасу, бірлесу.*

**СЕРІКТЕСТІК** з а т. э к о н. *Белгілі бір уақыт аралығында қандай да бір маңызды қоғамдық-саяси немесе шаруашылық мәселелерін шешу (жүзеге асыру) үшін құрылған бірлестік.*

**СЕРІКТЕСТІР=** е т. *Ортақтастыру, қосу, бірлестіру.*

**СЕРІКТЕСТІРУ** *Серіктестір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРІКТЕСУ** *Серіктес етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРІКТІК**[1] з а т. *Серік болушылық, серіктікке жараушылық, жолдастық.*

**Серіктік алқасы.** *Серіктіктің кеңес беруші ақсақалдар тобы.*

**СЕРІКТІК**[2] з а т. тар. ***Мойынсерік.***

**СЕРІЛ**[1]**=** е т. *Сейілу, серпілу.*

**СЕРІЛ**[2]**=** е т. *Сергу, сейілдеу.*

**СЕРІЛЕУ** с ы н. *Аздаған серілігі бар.*

**СЕРІЛІК** з а т. *Ойын-сауыққа әуесшілдік, салдық, сауыққойлық, сәнқойлық.*

**Серілікке салынды**. *Салдыққа, сәнқойлыққа бой ұрды, қызық қуалады.* **Серілік құрды**. *Сән іздеп салдық құрды, ойын-күлкіге ден қойды.* **Серілік роман.** ә д е б. <франц. roman chevaleresque> *Ақсүйек, асыл тек қауымның бекзадалық қасиеттерін, өмір салтын дәріптеп, ерлікті, адалдықты, көзсіз махаббатты мұрат тұтатын куртуаздық әдебиеттің негізгі жанрларының бірі.*

**СЕРІМСУ** *Серімсі етістігінің қимыл атауы.*

**СЕРІМСІ=** е т. *Сері болғансу, салсыну.*

**СЕРІП=** е т. с ө й л. ***Серпі.***

**СЕРІППЕ**[1] з а т. *Спираль тәрізді оратылып жасалған болат темір; пружина.*

**СЕРІППЕ**[2] з а т. *Автомат, мылтық т.б. ату құралдарының оталдыратын тетігі; шүріппе.*

**СЕРІППЕ**[3] з а т. *Қалақшаларды біртегіс ұстап тұру және олардың мықтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ дыбыс жаңғырығын бүкіл қақпақ көлеміне тарату қызметін атқаратын тетік.*

**СЕРІППЕ**[4] з а т. ж е р г. *Жаңа туған жіңішке ай бейнелес келетін егін орғыш құрал.*

**СЕРІППЕ**[5] з а т. *Транспорт мәшинесінің қорабы мен дөңгелек білігінің аралығына орнатылған солқылдақ темір белбеу.*

**СЕРІППЕЛІ** с ы н. *Серіппесі бар, серіппе орнатылған.*

**Серіппелі маятник.** ф и з. *Серіппенің серпімділік күшінің әсерінен түзу сызықты тербеліс жасайтын дене.* **Серіппелі таразы.** ф и з. *Серіппенің серпімді деформацияланауын тудыратын күшке байланысты дене салмағын өлшейтін құрал.* **Серіппелі тіреу.** к е н. *Дірілді електің бөлшегі.*

**СЕРІППЕШЕ** ү с т. *Серіппе тәрізді, серіппеге ұқсап.*

**СЕРІСЫМАҚ** с ы н. *Ептеген сері шалыстығы бар, сері мінезділеу.*

**СЕРІСІН=** е т. *Сері болғансу, өзін сері санау.*

**СЕРІСІНУ** *Серісін етістігінің қимыл атауы.*

**СЕС**[1] [ир. سست] з а т. *Сұс, айбат.*

**Сес алды**. *Секем алды, қауіптенді, сезіктенді.* **Сес білдірді [жасады, көрсетті, қылды].** *Айбат көрсетті, қорқытты; қоқан-лоққы жасады, доқ қылды.* **Сес көрсетті.** *Қоқан-лоққы жасады, қорқытты.* **Сесі қайтты.** *Беті қайтты, сағы сынды.* **Сесін қайырды [қайтарды].** *Арынын басты, мысын құртты; тойтарыс берді.*

**СЕС**[2] з а т. ж е р г. *Дауыс, үн; дыбыс.*

**Сес берді.** *Үн қатты, дыбыс шығарды, белгі жасады.*

**СЕСКВИТЕРПЕНДЕР** з а т. х и м. *Сесквитерпенді көмірсутектер.*

**СЕСКЕН=** е т. **1.** *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.* **2.** *Қауіптену, күдіктену.* Құнанбай дәл бұлардай емес. **3.** *Үрку, шошу.*

**СЕСКЕНГІШ** с ы н. *Сескене беретін, тіксініп қалғыш.*

**СЕСКЕНГІШТІК** з а т. *Сескене беретіндік, сескенгендік.*

**СЕСКЕНДІР=** е т. **1.** *Жасқандыру, қаймықтыру.* **2.** *Шошыту, үркіту.*

**СЕСКЕНДІРУ** *Сескендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСКЕНТ=** е т. *Қорқыту, именту, жасқанту.*

**СЕСКЕНТУ** *Сескент етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСКЕНУ** *Сескен етістігінің қимыл атауы; бата алмай бой тарту, жүрегі дауаламау, қысылып-қымтырылу.*

**СЕСКЕНУШІЛІК** з а т. *Қаймығушылық, қорқушылық.*

**СЕСКЕНШЕК** с ы н. *Жасқаншақ, қорқақ, қорғаншақ. //Жасқаншақ, қорғаншақ адам.*

**СЕСКЕНШЕКТЕ=** е т. *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.*

**СЕСКЕНШЕКТЕУ**[1] с ы н. *Жүрексіздеу, қорқақтау.*

**СЕСКЕНШЕКТЕУ**[2] *Сескеншекте етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСКЕНІҢКІРЕ=** е т. *Жүрегі дауаламау, қорқыңқырау, жүрексініңкіреу.*

**СЕСКЕНІҢКІРЕУ** *Сескеніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСКЕНІС=** е т. *Үрейленісу, қаймығысу.*

**СЕСКЕНІСУ** *Сескеніс етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСКЕНІШ** з а т. *Күдік, қауіп, қорқыныш.*

**СЕСПЕЙ: сеспей қатты.** *Бірден өліп кетті, дереу жан тапсырды; тұяқ серіппеді.*

**СЕССИЯ** [лат. sessio] з а т. **1.** *Жергілікті, жоғары мәжілістер, сенат, парламент, сот, ғылыми мекемелер, халықаралық ұйымдардың кезектегі жиналысы; негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны.* **2.** п е д. *Жылына екі рет қайталанып отыратын, жоғары оқу орындарында, колледжерде сынақ емтихан тапсыратын уақыт; студенттердің білімі бойынша есеп беру мерзімі.*

**СЕСТЕН=** е т. *Түсін суыту, сұстану.*

**СЕСТЕНДІР=** е т. *Сұстандыру, түсін суыттыру.*

**СЕСТЕНДІРУ** *Сестендір етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСТЕНУ** *Сестен етістігінің қимыл атауы.*

**СЕСТОН** [грек. seston] з а т. з о о л. *Суда тіршілік ететін ұсақ ағзалар (планктон), сондай-ақ судағы органикалық емес және органикалық сальнды бөлшектер (детрит).*

**СЕСТРА** з а т. м е д. с ө й л. *Емдеу орындары мен ауруханаларда ауруларды бақылап, белгіленген емдерді жүргізуші кіші медицина қызметкері, медбике.*

**СЕСТІ** с ы н. *Түсі суық, сұсты.*

**СЕСТІЛІК** з а т. *Түсі суықтық, сұстылық.*

**СЕТАРИОДАР** з а т. в е т. *Жылқы мен ірі қараның ішқұрт ауруы.*

**СЕТАРИОЗ** [setariosis] з а т. в е т. *Жылқы мен сиырдың, қой мен маралдың құрсақ қуысында, миы мен жұлынында тоғышар тіршілік ететін жұмыр құрттар.*

**СЕТЕН** з а т. ө с. *Таудың тасты беткейлерінде құрғақ жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік.*

**СЕТЕР**[1] с ы н. м и ф. *Киелі, қасиетті (мал) [Мұндай малды қол тигізбей, жал құйрығын күземей, мінбей, жұмысқа салмай қастерлеп ұстайды. Көбіне жылқыға қатысты айтылады].*

**Сетер мал**. ж е р г. *Айрықша қастерлейтін, қадірлі, аяулы мал.*

**СЕТЕР**[2] з а т. ө с. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СЕТЕРЛЕ=** е т. *Сетер малын айрықша қастерлеп ұстау.*

**СЕТКІ** ор. з а т. с ө й л. *Әртүрлі зат салу үшін жіптен тоқылған тор қалта.*

**СЕТЛ** [ағыл. Setl] з а т. и н ф. *Теориялық-жиындық операцияларға бейімделген, процедуралық типке жатпайтын бағдарламалау тілі.*

**СЕТУ** *Сеті етістігінің қимыл атауы.*

**СЕТУН** з а т. е с к і к і т. *Тірек.*

**СЕТІ=** е т. *Пышақтың ұшымен ғана тілу, жыру; түйенің не жылқының танауына белгі салу, жыру.*

**СЕТІК** с ы н. *Танауы тілінген, жырық.*

**Сетік ен**. *Қойдың құлақтарына қозы күнінен бастап салынған тілік.*

**СЕТІКТЕУ** с ы н. *Ойықтау, жырықтау.*

**СЕТІЛ**[1]**=** е т. *Жырылу, тілiну.*

**СЕТІЛ**[2]**=** е т. **1.** *Үзілу, қырқылу, сетінеу, тарқатылу.* **2.** а у ы с. *Ыдырау, сейілу, сиреу.*

**СЕТІЛТ=** е т. *Жырылту, сетінету.*

**СЕТІЛУ** *Сетіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сөгілу, тарқатылу, жыртылу.* **2.** а у ы с. *Бір істің кемшілікті болуы.*

**СЕТІНДІ** з а т. *Селдіретіп суырған матаның шеті.*

**СЕТІНЕ=** е т. **1.** *Ыдырап тарқатылу, сөгілу.* **2.** а у ы с. *Сұйылу, сейілу, тарқау.* **3.** а у ы с. *Азаю, сиреу.*

**СЕТІНЕТ=** е т. **1.** *Сөгіп тарқату, ыдырату.* **2.** а у ы с. *Сейілту, кеміту.* **3.** а у ы с. *Азайту, жоғалту.*

**СЕТІНЕТУ** *Сетінет етістігінің қимыл атауы; азайту, құрту, жою.*

**СЕТІНЕУ** *Сетіне етістігінің қимыл атауы, сөгілу.*

**СЕФАДЕКС** з а т. х и м. *Полисахаридтер негізінде жасалған салғырт тасымалдағыштың саудадағы атауы.*

**СЕЯЛКА** з а т. с ө й л. *Екпе өсімдіктер тұқымын топыраққа себу қызметін атқаратын ауылшаруашылық мәшине.*

**СЕЯЛКАШЫ** з а т. с ө й л. *Сеялкамен тұқым себуші.*

**СИ**[1] [лат. si] з а т. м у з. *Музыка дыбыстарының жетінші нотасы.*

**СИ**[2] з а т. *Араб әліпбиіндегі «с» әрпінің айтылуы.*

**СИ=** е т. *Кіші дәретке отыру, зәр төгу.*

**СИАЗ** з а т. е с к і к і т. ***Съезд.***

**СИАЛОАДЕНИТ** [sialoadenitis: грек. sialon – сілекей, aden – буз] з а т. в е т. *Сілекей безінің қабынуы.*

**СИАЛОЛИТ** [грек. sialon – сілекей, lithos – тас] з а т. в е т. *Сілекей тастары.*

**СИАЛЬ** з а т. г е о л. *Құрамының басым көпшілігі кремнийлі және алюминийлі болып келетін тау жыныстарынан құралған жер қыртысының сыртқы қабығы.*

**Сиаль қабығы.** *Жер қыртысының негізінен кремний мен алюминий минералдарын кіріктіретін таужыныстардан тұратын сыртқы қабаты.*

**СИАМ: сиам егіздері.** п а т о л. *Денелері жабысып туған егіздер.* **Сиам мысығы.** з о о л. *Жыртқыштар отрядының мысық тұқымдасына жататын Сиам жерінде пайда болған үй мысығының бір тұқымы.*

**СИБАҒ** [ар. إصبع] з а т. е с к і к і т. ***Саусақ.***

**СИБОР** з а т. э к о н. *Сингапурдегі Азия доллары рыногында шетел валютасы түріндегі банкаралық мөлшерлеме (ЛИБОР-ға ұқсас түзілген қысқарған сөз).*

**СИБОРГИЙ** з а т. х и м. *Радиоактивті элемент, таңбасы Sg (лат. Seaborgium).*

**СИВАТЕРИЙ** [лат. sivatherium] з а т. з о о л. *Керік тұқымдасына жататын, тұрқы бұландай, басы ірі, қысқа екі жұп мүйізді, қазбадан табылған сүтқоректі.*

**СИГАР** [франц. sigare] з а т. *Темекі жапырағынан жуан етіп оралған шылым.*

**СИГАРА** [франц. sigare] з а т. ***Сигар.***

**СИГАРЕТ** [франц. sigarette] з а т. **1.** *Мүштіксіз папирос.* **2.** *Кішкентай жіңішке сигарет.* **3.** *Жұқа қағазға жіңішке етіп оралған, фильтрлі не фильтрсіз темекі.*

**СИГАРЕТА** [франц. sigarette] з а т. ***Сигарет.***

**СИГЕКТЕ=** е т. **1.** *Қайта-қайта кіші дәретке отыру.* **2.** а у ы с. қ а р а п. *Тоқтамай ағу, саулау.* **3.** *Әйел адамның ашуланып, көкбеттеніп сөйлеуі.*

**СИГЕКТЕУ** *Сигекте етістігінің қимыл атауы.*

**СИГНАЛ** [лат. signal] з а т . **1.** *Автомобиль, мотоцикл т.б. көліктердің дыбыс беру тетігі.* **2.** *Пәрмендерді, ұқімдерді, мәліметтерді және т.б. хабарларды екінші жаққа білдіру үшін берілетін шартты белгі.* **3.** а у ы с . *Дабыл.*

**Сигнал берді.** а) *Дыбыстады, дыбыс шығарды.* ә) *Белгі берді.* **Сигналдар кестесі.** ә с к . *Сапты және мәшинелерді басқару үшін қолмен, жалаушалармен, шаммен берілетін көзге көрінетін белгілер тізімі.* **Сигналдарды цифрлық өңдеу.** и н ф . <ағылш. digital signal processing> *Сигналдарды түрлендірудің цифрлық тәсілдеріне тән сигналдарды өңдеу әдістерінің тобы.* **Сигналды цифрлау.** и н ф . <ағылш. waveform digitization> *Сигналдың өзгеретін амплитудасын сандар жиынымен ұсыну.*

**СИГНАЛДЫ** с ы н . *Сигнал орнатылған, сигналы бар.*

**СИГНАЛИЗАЦИЯ** з а т . *Мекемелер мен дүкендерге, үйлерге орнатылатын сигнал беру жүйелері.*

**СИГНАЛСЫЗ** с ы н . **1.** *Сигналы жоқ, сигнал орнатылмаған.* **2.** *Ешбір белгісіз, хабарсыз.*

**СИГНАТУРА** [лат. signare] з а т . м а т . *Алгебралық жүйе үшін – қатынастар мен пікірлердің, сондай-ақ негізгі жиын жүйесінде анықталған операциялардың жиынтығы.*

**СИГНИФИКА** [лат. signum] з а т . *Түрлі таңбаларды таңбалық жүйе ретінде қарастыруға негізделген теория.*

**СИГРАН** [рум. sigran] з а т . қ ұ р . *Қыздырылған әйнекті кристалдау арқылы алған материал.*

**СИҒЫРА** с ы н . е с к і к і т . *Болымсыз, кішкентай.*

**СИДА**[1] з а т . ж е р г . *Әр жерден қағып қойып, соған байлап, тал тоқитын қазықша; қада ағаш.*

**СИДА**[2] с ы н . **1.** *Биік өскен, жапырақтары сирек, бұтақсыз (ағаш).* **2.** а у ы с . *Ұзын бойлы, сыриған, бойшаң.*

**Сида балық.** з о о л . *Тұқы тұқымдасына жататын ұзындығы 16–17 см-дей, салмағы 100–110 г болатын, кәсіптік маңызы шамалы тұщы су балықтарының бірі.*

**СИДА**[3] з а т . *Қазы түйрейтін тобылғы істік.*

**СИДА**[4] з а т . *Ағаш не темір ине.*

**СИДА**[5] з а т . ө с . <лат. russowia> *Жезқазған облыстық ауылшаруашылық тәжірибе стансасы шығарған, құлқайыр тұқымдас көпжылдық екпе шөп.*

**СИДАГҮЛ** з а т . ө с . <лат. russowia winkl> *Сабағы сидам, жапырақтары майда, гүлді өсімдік.*

**СИДАҚТА=** е т. *Сидаң-сидаң ету, тайраңдау.*

**СИДАҚТАУ** *Сидақта етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАЛА=** е т. к ө н е . *Шаншу, түйреу; көзін құрту.*

**СИДАЛАН=** е т. **1**. *Селдіреу, азаю, сиреу.* **2.** а у ы с . *Жіңішкеру, сидию.*

**СИДАЛАНУ** *Сидалан етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАЛАУ** с ы н . *Жіңішкерек келген, сидамдау.*

**СИДАМ** с ы н . **1.** *Сидаланып өскен, ұзын.* **2.** *Ашық, тақыр, жалаң.* **3.** а у ы с . *Жинақы, ықшамды; ашаңдау.*

**Сидам тартты**. *Жапырақтары селдір тартты.*

**СИДАМДА=** е т. *Ағаштың бұтақтарын шауып, тегістеу, сып-сидам ету.*

**СИДАМДАЛ=** е т. *Ағаш бұтақтарының шабылып, тегістеліп, сып-сидам етілуі.*

**СИДАМДАЛУ** *Сидамдал етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАМДАН=** ет. **1.** *Тақырлану, жалаңдану.* **2.** а у ы с . *Ашаңданып, сидию.*

**СИДАМДАНУ** *Сидамдан етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАМДАУ** *Сидамда етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАМДЫҚ** з а т . *Сидиғандық, жіңішкелік.*

**СИДАМСАБАҚ** з а т . ө с . *Сабағы сидам (тегіс), тұзу, жапырақтары жалпақ, күрең түсті, шатырша гүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық өсімдік.*

**СИДАҢ** с ы н . **1.** *Жапырақтары сирек, сида.* **2.** а у ы с . *Жіңішкелеу, бойшаң, ұзындау.*

**Сидаң аяқ [бұт].** *Сыриған, ұзын сирақ.* **Сидаң жігіт.** *Сәнді киімге, ойын-сауыққа құмар, тірлік-шаруаға қыры жоқ, білім мен өнерге ұмтылмайтын, жалтыраққа қызыққыш, думан қуған сылқым жігіт.* **Сидаң тартты**. *Жапырақтары түсті, селдір тартты.*

**СИДАНДА=** е т. *Сидаң-сидаң ету, сораю.*

**СИДАҢДАТ=** е т. *Сорайту, сидаң-сидаң еткізу.*

**СИДАҢДАТУ** *Сидаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СИДАҢДАУ**[1] с ы н . *Аздап сорайған, ұзынтұралау.*

**СИДАҢДАУ**[2] *Сидаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СИДДЫҚ** з а т . е с к і к і т . *Шындық, шын-шылдық.*

**СИДЕРАТ** з а т . ө с . *Жасыл тыңайтқыш ретінде өсірілетін өсімдіктер.*

**СИДЕРИТ**[1] [грек. sideros] з а т . х и м . *Темір карбонаты ($FeCO_3$), табиғатта кездесетін темір минералы.*

**СИДЕРИТ**[2] з а т . г е о л . *Ақшыл сарыдан қоңыр түс аралығындағы, сазды шөгінділер мен метаморфизмдерде, әктасты-кремнийлі жыныстарда ұшырасатын минерал, жоғары сапалы темір рудасы.*

**СИДЕРЛІК: сидерлік ай.** а с т р . <лат. sidus> *Айдың аспан сферасындағы белгілі бір нүктесіне қайтып оралуына кететін уақыт аралығы.*

**СИДЕРОЛИТ** [грек. sideros – темір, lithos – тас] з а т . г е о л . *Теміртасты метеориттердің жалпы аты.*

**СИДИ=** е т. *Сыриып ұзару, сидамдану.*

**СИДИҒАН** с ы н . **1.** *Сидаланған, сорайған, ұзын.* **2.** *Сыриған, ашаң, ұзын, жіңішке.*

**СИДИТ=** е т. *Сорайту, сойдиту.*

**СИДИТУ** *Сидит етістігінің қимыл атауы.*

**СИДИЫП-СИДИЫП** t т. *Сойдию, сырию.*

**СИДИЮ** *Сиди етістігінің қимыл атауы.*

**СИДҚ** з а т . д і н и . *Туралық.*

**СИДР** [франц. cidre] з а т . т а м а қ . *Алма шырынынан ашытылған, көмір қышқыл газымен қанықтырылған күші аз шарап.*

**СИЕНА** з а т . х и м . *Табиғи темір оксидті пигмент.*

**СИЕНИТ** [грек. syene] з а т . г е о л . *Сілтілі дала шпаттар мен фемалық минералдардан тұратын интрузиялық таужыныс.*

**СИЕНИТ-АПЛИТ** з а т . г е о л . *Негізінен сілтілі далашпаттардан тұратын лейкократты қызғылт, сары қызғылт, кейде ашық сұр таужыныс.*

**СИЕНИТ-ПЕГМАТИТ** з а т . г е о л . *Сиенит құрамды пегматит.*

**СИКВЕЛ** [ағыл. sequel] з а т ө н е р . *Романның, фильмнің жалғасы.*

**СИККАТИВ** [грек. syccativus] з а т . *Сыр-бояу материалдарын (әліпмай, майлы бояу мен лактар) тез кептіру үшін пайдаланылатын зат.*

**СИҚАЛЫ** с ы н . ж е р г . *Сау емес, аурулы.*

**СИҚАТ** [ар.صحة] з а т . е с к і к і т . *Денсаулық.*

**СИҚЫР** [ар. سحر] з а т . к ө н е . **1.** *Алдап-арбау, көз байлау қабілеті бар адам, жәдігөй.* **2.** *Сиқыршының, сондай қасиеті бар адамның ерекше қабілеті, күші, әсері.* **3.** *Тылсым күштердің көмегімен, әртүрлі әдіс-айламен адамдардың санасына ықпал ету мақсатын көздейтін, әдеттен тыс жағдайларға сендіру әрекеті. // Таңғажайып, таңғаларлық, құпия.*

**Сиқыр етті.** *Сиқырлады, сиқырлық жасады.*

**СИҚЫРЛА=** е т. **1.** *Сиқырлық жасау, көз байлау.* **2.** а у ы с . *Өзіне іңкәр ету, қызықтыру.* **3.** а у ы с . *Басын айналдыру, алдап-арбау.*

**СИҚЫРЛАҒЫШ** с ы н . *Сиқырлық өнері бар; алдап-арбағыш.*

**СИҚЫРЛАН=** е т. **1.** *Арбалу, сиқырға көну.* **2.** *Басын айналдыру, еліту, алдау.*

**СИҚЫРЛАНУ** *Сиқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**СИҚЫРЛАУ** *Сиқырла етістігінің қимыл атауы; құлық-сұмдықпен бас айналдырып, дегеніне көндіру.*

**СИҚЫРЛЫ** с ы н . **1.** *Сиқыры бар, сиқырланған.* **2.** а у ы с . *Жұмбақ сырлы, құпиялы.* **3.** а у ы с . *Ғажайып, ерекше әсерлі.*

**Сиқырлы саз [үн].** *Адамды баурап алатын тәтті әуен, жағымды музыка.* **Сиқырлы таяқ [шыбық].** м и ф . *Сиқыршының сиқырын жасауға көмектесетін «қасиетті» құралы.*

**СИҚЫРЛЫҚ** з а т . **1.** *Сиқыры барлық, сиқыршының ерекше қасиеті.* **2.** а у ы с . *Алдап-арбаушылық, айлакерлік, көзбояушылық.*

**Сиқырлық оқуы.** *Бас айналдыру, көз байлау.*

**СИҚЫРСУ** *Сиқырсы етістігінің қимыл атауы.*

**СИҚЫРСЫ=** е т. *Айлалылық істеу, құлану.*

**СИҚЫРСЫЗ** с ы н . *Айла-шарғысыз, құлықсыз, бүкпесіз.*

**СИҚЫРШЫ** з а т . к ө н е . **1.** *Сиқырлауды шебер меңгерген адам, дуашы.* **2.** ө н е р . *Арнаулы тәсілдер арқылы «керемет» көрсететін цирк эстрада өнерінің шебері.* **3.** а у ы с . *Айлакер, қу, сұм.*

**СИҚЫРШЫЛЫҚ** с ы н . *Алдап-арбаушылық, көз байлаушылық.*

**СИЛӘ** з а т . е с к і к і т . *Жіп.*

**СИЛАЛ** [лат. silicium] з а т . к е н . *5–6% кремний бар легирленген, отқа төзімді шойын.*

**СИЛАН** з а т . [ағыл. silane] *Полимерді синтездеуге қолданылатын, көмір сутегіне жақын кремний қосылыстар.*

**СИЛИКАГЕЛЬ** з а т . х и м . *Сусыздандырылған және қақталған кремний диоксидінің белсенді гелі.*

**СИЛИКАЛЬЦИТ** з а т . г е о л . *Кварц құмын ұнтақтап, жеңіл әкпен араластырып, пішіндеп, 12 атмосфералық қысымда автоклавта өңдеу арқылы алынатын жасанды тас.*

**СИЛИКАТТАР** [лат. silex] з а т . м и н . *Құрамында оттекті кремний бар минералдар.*

**СИЛИКАТТЫ** с ы н . к е н . *Құрамында силикат бар, силикат араласқан.*

**Силикатты өнеркәсіп.** к е н . *Шыны, күйген тас, кәрлен тәрізді бұйымдар және цемент, кірпіш тектес құрылыс материалдарын өндіретін химиялық өнеркәсіптің бір саласы.*

**СИЛИКОЗ** [лат. silicium] з а т . м е д . *Өкпеде кремний қос тотығының жиналуынан дамитын сырқат.*

**СИЛИКОЛЬ** з а т . х и м . *Құрамында аздаған темір, алюминий және басқа элементтер бар кремний қорытпасы.*

**СИЛИКОМАРГАНЕЦ** з а т . х и м . *Негізгі элементтері кремний мен марганец болатын ферроқорытпалар кешені.*

**СИЛИКОНДАР** з а т . х и м . *Кремнийорганикалық полимерлер.*

**СИЛИКОЦИРКОНИЙ** з а т . х и м . *Құрамында кремний мен темір бар цирконий қорытпасы, кремний мен цирконий мөлшері 8–40% аралығында өте күшті қышқылсыздандырғыш ретінде қолданылады.*

**СИЛИЦИТТЕР** [лат. silicis] з а т . г е о л . *Кремнезем минералдары: опал, халцедон және кварц түзетін шөгінді таужыныстар тобы.*

**СИЛЛ** [швед. syll] з а т . г е о л . *Интрузиялық денелердің кіріктіруші таужыныс қабаттарымен үйлесімді астасқан айрықша түрі.*

**СИЛЛАБИКАЛЫҚ** с ы н . ә д е б . *Тұрақты буын ырғағына құрылған, буынға негізделген (өлең үйқасы).*

**СИЛЛАБОТОНИКАЛЫҚ** с ы н . ә д е б . *Екпін мағыналық қызмет атқаратын тілдердегі екпінді және екпінсіз буындардың өзара белгілі бір тәртіппен кезектесіп үйқасуы арқылы шығарылатын (өлең жолы).*

**СИЛЛОГИЗМ** [лат. sillogismos] зат. филос. *Екі пікірден жаңа үшінші пікір алынатын тиянақты ой қорытындысы.*

**СИЛЛОГИСТИКА** [лат. sillogistikos] зат. филос. *Категориялық пікірлерден шыққан ой-тұжырымдарды логикалық дедукция тұрғысынан зерттейтін теория.*

**СИЛОКСАНДАР** зат. хим. *Молекулаларында кремний және оттек атомдары кезектесіп орналасқан қосылыстар.*

**СИЛОС** [исп. silos] зат. малшар. *Дәнді дақылды өсімдіктерді жаңа өсіп келе жатқан кезінде ұнтақтап дайындаған малдың құнарлы азығы.*

**СИЛУЭТ** [франц. silhouette] зат. *Форманың контурлық желісі; адам не заттың өз көлеңкесіне ұқсас етіп, бір түспен жазықтыққа салынған бейне.*

**СИЛУМИНДЕР** [лат. silicium – кремний, aluminium – алюминий] зат. геол. *Алюминий негізіндегі, құрамында 3–26% кремний, 1–4% мыс, 0,2–1,3% магний, 0,2–0,9% марганец және т.б. болатын жеңіл құйма; қорытпалар тобының жалпы атауы.*

**СИЛУНД** зат. *Кремний карбиді; отқа төзімді зат есебінде және электр пештерін астарлауға қолданылатын негізі карборундтан жасалған құйма.*

**СИЛУР** зат. геол. *«Силур жүйесі» және «силур кезеңі» терминдерінің қысқаша атауы.*

**СИЛЬВИН** [лат. sylvius] зат. хим. *Галогенидтер класына жататын минерал.*

**СИЛЬВИНИТ** зат. геол. *Эвапориттер тобына жататын сильвин мен галиттен тұратын шөгінді таужыныс.*

**СИЛЬХРОМ** [лат. silicium] зат. хим. *Темірдің 5–14% хроммен және 1–3% кремниймен, көбіне молибден не алюминий қосылатын, ыстыққа берік және ыстыққа төзімді қорытпалары тобының атауы.*

**СИМА** зат. геол. *Жер қыртысының сиалдан төмен орналасқан қабығы.*

**СИМАН** сын. ескікіт. *Семіз, толық.*

**СИМБИОЗ** [грек. symbiosis] зат. биол. *Екі ағзаның селбесуі, бірігіп тіршілік етуі.*

**СИМВОЛ** [грек. symbolon] зат. **1.** *Белгілі бір құбылыс не ұғымның, идеяның орнына балама, тепе-теңдік белгісі ретінде алынған шартты белгі, екінші бір зат.* **2.** әдеб. *Ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.* **3.** филос. *Нәрсенің, құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелеп, астарлап білдіретін әмбебап эстетикалық категория.* **4.** инф. *Таңбалық жағдайда басқа нысанның орнына қолданылатын объект. Символ – стандартты әріптік, цифрлық белгілерден немесе арнайы таңбалардан тұратын белгілі бір алфавит бірлігі, таңбасы.*

**Символ блогы.** инф. <лат. character block> *Берілген символды бейнелеу үшін пайдаланылуы мүмкін нүктелер жинағы.* **Символдың түсі.** инф. <ағыл. foreground color> *Дисплей экранында бедербелгінің (таңбаның) кескінін бейнелейтін растр нүктелерінің түсі.*

**СИМВОЛДЫҚ** сын. *Символға тән, соған қатысты.*

**Символдық атау.** инф. <лат. symbolic name> *Алғашқы бағдарламада адрес аналогы немесе айнымалы ретінде пайдаланылатын әріп немесе әріптен басталатын символдар тізбегі.* **Символдық перне.** инф. <ағыл. symbolic key> *Басқан кезде символ таңбасы (сан, әріп, таңба) кодының қалыптасуын шақыратын перне.* **Символдық режім.** инф. <ағыл. symbolical mode> *Тек мәтіндік кескіндерді шығару кезіндегі бейнетерминалдың жұмыс істеу режимі.*

**СИМВОЛИЗМ** зат. әдеб. *XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында әдебиет пен өнерде қалыптасқан мистикаға, декаденттік сарындарға бой ұрған ағым.*

**СИМВОЛИКА** зат. **1.** *Шартты белгілер мен символдар арқылы түпкі идеяны, ойды тұспалдай, астарлай, меңзей айту құбылысы.* **2.** *Символдардың жиынтығы.*

**СИМВОЛИКАЛЫҚ** сын. *Символикаға негізделген, соған тән.*

**Символикалық логика.** мат. *Логикалық қорытындыларды қатаң символикалық тіл-дің негізіндегі логикалық есептеулер арқы-лы зерттейтін логиканың тармағы; мате-матикалық логика.*

**СИМВОЛИСТ** зат. *Символизм ағымына түскен, символизмге бой ұрған адам.*

**СИМВОЛИСТІК** сын. *Символизмге тән, символизмге қатысты.*

**СИМИЕ** [ар.سيمياء] зат. *Жалған ғылым, магия (сиқыршылық).*

**СИММЕНТАЛЬ: симменталь сиыры.** *Ірі қараның сүтті, етті тұқымы.*

**СИММЕТРИЯ** [грек. symmetria] зат. **1.** *Белгілі бір заттың өзінің өзегіне тепе-теңдікпен орналасуы, пропорция жасауы, толық сәйкестігі.* **2.** *Кристалл заттардың сыртқы пішіні мен ішкі құрылысы симметриясының геометриялық заңдары туралы ілім.*

**Симметрия жазықтығы.** геом. *Симметриялы мүсінді бір-бірінен айнымайтын екі бөлікке бөлетін жазықтық.* **Симметрия орталығы.** геом. *Сала-ның немесе шеңбердің диаметрлерінің қиылысу нүктесі.* **Симметрия осі.** геом. *Симметриялы затты нақтылы бұрышқа бұрғанда оның ұқсас бөлшектерінің орны ауысатын, бірақ өз мүсінінің айналдырғанға дейінгі кескін-кейпі еш өзгеріссіз сақталынатын шартты түзу сызық.*

**СИММЕТРИЯЛЫ** сын. *Теңдік, мөлшерлестік заңына бағынған, симметрияға құрылған.*

**Симметриялы мүсін.** геом. *Арнаулы осьтер арқылы айналдырғанда бір-бірін айна-қатесіз қайталайтын немесе нақтылы жазықтық арқылы тепе-тең бөлшектерге дараланатын тұтас геометриялық мүсіндер атауы.* **Симметриялы функция.** мат. *Көп айнымалысы бар функцияның айнымалыларының орнын ауыстырғанмен, мәнін өзгертпейтін функция.*

**СИММЕТРИЯЛЫҚ** сын. *Симметрияға тән, тепе-теңдік, шамаластық.*

**СИМПАТИЯ** [грек. sympatheia] зат. *Адамның басқа кісілерге, олардың топтарына не әлеуметтік құбылыстарға орнықты мақұлдаушылық эмоциялық қатынасы.*

**СИМПЛАСТ** [грек. sym – бірге, plastos – құрылым] зат. биол. *Цитоплазмасында көптеген ядролар орналасқан, бейжасушалық біріккен құрылым.*

**СИМПОЗИУМ** [лат. symposium] зат. *Халықаралық көлемдегі пікір алысу, сұхбаттасу жиыны; кеңес.*

**СИМПТОМ** [грек. symptōma] зат. мед. *Аурудың не бір құбылыстың сыртқы белгісі, нышаны.*

**СИМСКРИПТ** [ағыл. Simscript] зат. инф. *Күрделі жүйелерді модельдеуге арналған бағдарламалау тілі.*

**СИМУЛА** [ағыл. Simula] зат. инф. *Үздік жүйелерді модельдеуге арналған бағдарламалау тілдерінің топтамасы.*

**СИМУЛЯЦИЯ** [лат. simulatio] зат. *Құйтұрқылық.*

**СИМФОНИЯ** [грек. symphōnia] зат. **1.** муз. *Оркестрге арналып жазылған, көп дауысты, философиялық ойды баяндайтын, терең мазмұнды, көлемді музыкалық шығарма.* **2.** ауыс. *Түрлі дыбыстардың, бояу-реңктердің үйлесімді сәйкестігі.*

**Симфония оркестрі.** муз. *Ішекті, үрлемелі және ұрып ойналатын музыкалық аспаптардың бірлестігінен құралған үлкен оркестр.*

**СИМФОНИЯЛЫҚ** зат. <грек. symphonos> *Симфонияға лайық, симфонияға тән.*

**Симфониялық поэма.** әдеб. <франц. poeme symfonique, грек. poieme – көркем әдеби туынды> *Романтизм кезеңіндегі бағдарламалы музыканың басты жанры.*

**СИНАГОГА** [грек. synagoge] зат. **1.** *Еврейлік діни ғимарат, ғибадатхана.* **2.** *Христиан шіркеуі сияқты иуда діндарларының қауымы.*

**СИНАНТРОП** [лат. Sina – Қытай, грек. anthrōpos – адам] зат. *Бұдан 400 мың жылдай бұрын шығыста өмір сүрген адам тектерінің бірі.*

**СИНАНТРОПТЫ: синантропты жануарлар.** [грек. sun – бірге, anthopos – адам] зат. вет. *Адаммен бірге оның үйінде не үйінің маңайында тіршілік ететін жануарлар.*

**СИНАПС** [грек. sunapisis – байланыс, қосылыс] зат. вет. *Жүйке жасушасы аксоны (бұтағы) мен басқа бір клетка (айталық, нерв, ет, без клеткасы) екеуін қызмет жағынан жанастырып тұратын арнаулы анатомиялық құрылым.*

**СИНГАМОЗ** зат. вет. *Жас құстардың жұмыр құрт қоздыратын кеселі.*

**СИНГАРМОНИЗМ** [грек. syn – бірге, harmonia – байланыс, үйлесім] зат. лингв. *Сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы дыбыстардың үндесу заңы.*

**СИНГЕНЕТИКАЛЫҚ: сингенетикалық брекчиялар.** геол. *Бұрынырақ түзілген және түрлі дәрежеде тұрақтанған жаралымдардың шайылуы немесе бұзылуы нәтижесінде жаңадан түзілімдену процесіне ұшыраған материалдар есебінен қалыптасқан брекчия.*

**СИНГЕНИТ** зат. хим. *Суда ерімейтін, табиғатта кездесетін қос тұз.*

**СИНГОНИЯ** [грек. syn – бірге, gonia – бұрыш] зат. геол. *Қырлары арасындағы бұрыштардың жиынтығы бірдей кристалдарды біріктіретін жүйе.*

**СИНДЕСМОЗ** [syndesmosis: грек. syndesmos – байланыс, сіңір] зат. вет. *Сүйектердің не шеміршектердің бір-бірімен нығыз дәнекер ткань арқылы байланысуы.*

**СИНДЕСМОЛОГИЯ** [грек. syndesmologia] зат. анат. *Сүйектердің байланысы туралы ілім.*

**СИНДИКАТ** [лат. syndico] зат. экон. *Тар аядағы белгілі бір мақсатқа жету үшін екі және одан көп меншік иелерінің немесе фирмалардың бірігу әрекеті.*

**СИНДРОМ** [грек. syndromē] зат. *Белгілі бір ауруға жатпайтын, бірнеше ауру белгілерінің кездесуі.*

**СИНДХИ** зат. лингв. ***Синдхи тілі*** *(Үнді тілдерінің бірі болып есептелетін Пәкістандағы Синд аймағы мен Үндістанның Махараштра, Гуджарат, Раджастхан штаттарындағы тұрғын халықтың тілі).*

**СИНЕКДОХА** [грек. synekdochē] зат. әдеб. *Жекенің орнына көпше, жалқының орнына жалпының не осылардың керісінше айтылу ерекшелігін көрсететін стильдік тәсіл.*

**СИНЕКЛИЗА** [грек. synenklisis] зат. геол. *Планда бұрыс овал не изометриялық нысанда болатын, жайпақ ірі (көлденеңі жүздеген км, кейде 300 км-ден асатын) ойыс платформалық құрылым.*

**СИНЕКУРА** [лат. sine cura] зат. қаржы. *Ерекше еңбекті талап етпейтін жоғары ақылы лауазым.*

**СИНЕРГЕТИКА** [грек. synergeia] зат. хим. *Күрделі жүйелердің бейберекет күйден реттелген күйге өту үдерісін зерттейтін және осы жүйе элементтерінің арасындағы белгілі бір байланыстарды ашатын ғылым.*

**СИНЕРГИЗМ** [грек. synergos] зат. хим. *Заттектердің өзара қарым-қатынасының нәтижесінде бірлесіп жасаған әрекеті.*

**СИНЕРГИСТЕР**[1] зат. хим. *Бір мезгілде әсер етуі синергизм тудыратын себепшарттар.*

**СИНЕРГИСТЕР**[2] [грек. synyrgos – бірігіп әсер етуші] зат. вет. *Қимылдас бұлшық еттер.*

**СИНЕРЕЗИС** зат. хим. *Сірнеден олардың кеңістіктік құрылымының тығыздалып, көлемінің азаюына әкелетін сұйықтың өздігінен бөлінуі.*

**СИНЕСТЕЗИЯ** [грек. synaisthesis] зат. *Тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуін тітіркендіргенде оған тән түйсіктермен қатар*

*басқа сезім мүшелеріне де тән түйсіктердің пайда болуы.*

**СИНКАРИОН** [грек. synkarion] зат. биол. *Ұрықтану кезінде аталық және аналық жыныс жасушалары ядроларының қосылу үдерісі.*

**СИНКЛИН** зат. геол. *Ядросы қанаттағыларына қарағанда жастау таужыныстардан тұратын ойыс қатпар.*

**СИНКЛИНОРИЙ** [грек, synklino – еңкейемін, oros – тау] зат. геол. *Жалпылама құрылысы синклиндік пішінге сәйкес келетін, ұсақ қатпарлардың күрделі жүйесінен тұратын біршама ірі тектоникалық құрылым.*

**СИНКОПА** [грек. synkopē] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығармалардың бір такт ішіндегі ырғақтарының әлді үлестерінің әлсіз үлеске не әлсіз үлестерінің әлді үлеске ауысуы.* **2.** лингв. *Дыбыстың немесе сөз ортасынан дыбыстар тобының түсу құбылысы.*

**СИНКРЕТИЗМ** [грек. sinkretismos] зат. әдеб. *Мәдени шығармашылық түрлерінің, әсіресе өнердегі тек пен түр, жанрлардың және олардың жанрлық түрлерінің әу баста бөлінбей, бірлікте болуы, тұтастығы.*

**СИНОВИТ** [synovitis] зат. вет. *Буын капсуласы синовия (ішкі) қабығының қабынуы.*

**СИНОВИЯ** [ synovia] зат. вет. *Буын суы, буын ішін кернеген сарғыш түсті мөп-мөлдір сұйық зат.*

**СИНОД** зат. тар. діни. *Орыс православие шіркеуін басқаратын жоғары орган.*

**СИНОДТЫҚ: синодтық ай.** [грек. synodos] *Жаңа туған айдың толып бітуі мен екінші айдың қайта туғанына дейінгі уақыт немесе 29,6 күнге тең мерзім.*

**СИНОЙКИЯ** [грек. synoikismos] зат. биол. *Әр түрге жататын ағзалардың өзара бірлесіп (селбесіп) тіршілік етуі.*

**СИНОКСАЛЬ** зат. хим. *Термомеханикалық және электр өткізбейтін қасиеттері жоғары алюминий оксиді негізінде дайындалған керамикалық материал.*

**СИНОЛОГ** зат. ғыл. *Қытай тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуші шығыстанушы маман, қытайтанушы.*

**СИНОЛОГИЯ** [лат. Sina – Қытай, logos – ілім] зат. ғыл. *Шығыстану ілімінің бір саласы, қытайтану ілімі.*

**СИНОНИМ** [грек. synonymos] зат. лингв. *Айтылуы басқа-басқа болғанмен, мағыналары бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі жүре алатын сөздер.*

**Синонимдер сөздігі**. лингв. *Сөздердің мағыналарын сол сөзге мағынасы жағынан жуық келетін басқа бір сөздермен түсіндіретін сөздік.*

**СИНОНИМДЕС** сын. *Мағыналары бір-біріне жақын, мәндес.*

**СИНОНИМДІК** сын. *Мағынасы жақын, мәндес.*

**СИНОПТИК** [грек. synoptikos] зат. *Күн райының өзгерістерін зерттейтін маман, метеоролог.*

**СИНОПТИКА** [грек. sinoptikos] зат. ғыл. *Күн райын алдын ала болжап анықтайтын ғылым.*

**СИНОПТИКАЛЫҚ** сын. *Синоптикаға негізделген, синоптикаға тән.*

**Синоптикалық карта.** геогр. а) *Әртүрлі шартты белгілермен жасалған, белгілі бір аймақтың, елдің ауа райындағы өзгерісті білдіретін схема.* ә) *Күн райын белгілі бір мерзім (кезең) ішінде бақылаудан кейінгі нәтижелер бейнеленетін карта.* **Синоптикалық метеорология.** геогр. *Жоғары кеңістіктердің атмосфералық ерекшеліктерін зерттеу арқылы күн райын болжайтын метеорологияның бір саласы.*

**СИНОРОГЕНДІК: синорогендік тектоникалық қозғалыстар.** *Орогендік тектоникалық қозғалыстармен бір мезгілде, бірақ орогендік процестер жүріп жатқан аймақтан тыс өңірлерде көрініс беретін, болмыс-бітімі эпейорогендік қозғалыстарға ұқсас тектоникалық қозғалыстар.*

**СИНОСТОЗ** [synostosis: грек: syn – бірге, osteon – сүйек] зат. вет. *Екі не бірнеше сүйектің сүйекке айналған шеміршек арқылы бір-бірімен кірігуі.*

**СИНОФОБИЯ** зат. *Қытай елі, жері, тілі, мәдениетіне қатыстының бәрінен қорқушылық.*

**СИНТАГМА** [грек. syntagma] зат. лингв. **1.** *Сөйлеу кезінде бірінен кейін бірі тізбектеліп келетін ең аз дегенде екі тілдік элементтердің тіркесіп келуге жымдасып кірігу құбылысы.* **2.** *Тұтас синтаксистік интонациялық-мағыналық бірлік.*

**СИНТАГМАТИКА** зат. лингв. *Тіл жүйесін зерттеудегі тілдік бірліктердің синтаксистік үйлесуін қарастыратын аспект.*

**СИНТАКСИС**[1] [грек. sintaxis] зат. **1.** лингв. *Сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын зерттейтін грамматиканың бір саласы.* **2.** матем. *Формулалардың құрылу ережесі.* **3.** инф. *Бағдарламалар мен мәліметтерді ұсынуға арналған мәтіндердің құрылу ережесі.*

**СИНТАКСИСТІК** сын. *Синтаксиске тән, синтаксиске қатысты.*

**Синтаксистік ақпарат әдісі.** инф. *Кірістік тілдің синтаксисін сипаттаудың белгілі бір тәсіліне икемделген және синтаксистік түрде басқарылатын аударғыштарда пайдалануға арналған аудару әдісі.* **Синтаксистік бағдарламалар әдісі.** инф. *Алғашқы бағдарламаның синтаксистік және семантикалық талдауын жеке-жеке, тізбекті орындауға негізделген аудару әдісі.* **Синтаксистік байланыс.** лингв. *Сөздерді түрліше грамматикалық амал-тәсілдер арқылы мағыналық, тұлғалық жақтарынан байланыстыратын, сөз тіркесін, сөйлем жүйесін құрастыратын формалардың көрінісі.* **Синтаксистік қате.** инф. *Тілдің грамматикалық ережелерін бұзуға саятын бағдарламалау қатесі; тілдің конструкциясын дұрыс жазбау.* **Синтаксистік мағына.** лингв. *Синтаксистік категориялар мен құралдардың ішкі мазмұны.*

**СИНТАКТИКА** [ағылш. syntacnic] зат. инф. *Таңбаның құрылу дұрыстығы жайындағы таңбалық жүйе.*

**СИНТЕЗ** [грек. synthesis] зат. **1.** филос. *Анализге қарама-қарсы логикалық үдерісті білдіретін, заттарды өзара бірлікте қарайтын ұғым.* **2.** хим. *Химиялық реакция жолымен, әртүрлі заттардан белгілі бір химиялық қосылыс алу тәсілі.*

**СИНТЕЗАТОР** [грек. synthesis] зат. муз. *Осы заманғы музыкада кең қолданылатын электронды музыка аспабы.*

**СИНТЕЗГАЗ** [грек. synthesis – қосылу, үйлесу, франц. gaz –газ] зат. хим. *Органикалық заттарды синтездеуге пайдаланылатын газдар қоспасы.*

**СИНТЕЗДЕ=** ет. *Бір затты екінші бір затпен қосу, араластыру, жаңа қоспа алу.*

**СИНТЕЗДЕЛ=** ет. *Бір затпен қосылу, қоспа алыну.*

**СИНТЕЗДЕЛУ** *Синтездел етістігінің қимыл атауы.*

**СИНТЕЗДЕУ** *Синтезде етістігінің қимыл атауы.*

**СИНТЕЗДІ** сын. *Синтезге түскен, бірігіп қосылған.*

**СИНТЕЗДІК** сын. **1.** ғыл. *Синтез жасап қорытатын, тығыз байланыста қаралатын.* **2.** хим. *Синтез жолымен алынатын, реакция арқылы қосылған.*

**Синтездік эмальдар.** *Синтездік лак негізіндегі эмальдар.*

**СИНТЕТИКА** зат. *Химиялық жолмен алынған талшықтардан тоқылған жасанды мата.*

**СИНТЕТИКАЛЫҚ** сын. *Синтетикаға жататын, синтетика талшығынан жасалған.*

**Синтетикалық каучук.** хим. *Табиғи емес, жасанды, қолдан алынған каучук.* **Синтетикалық майлар.** хим. *Көбіне жағар материалдар, жылутасығыштар, илемді жағармайлардың құрауыштары ретінде қолданылатын сұйықтықтар.* **Синтетикалық су.** хим. *Жер қойнауында оттек пен сутектің химиялық синтезі нәтижесінде пайда болатын су.* **Синтетикалық торқа.** хим. *Жасанды жібек.* **Синтетикалық тілдер.** лингв. *Сөйлем құрамындағы сөздердің өзара байланысы ішкі флексия, екпін түсу жолдарымен және жалғау жалғану арқылы болатын тілдер.* **Синтетикалық форма.** лингв. *Аффикстердің жалғануы немесе ішкі флексия арқылы жасалған сөз формасы.*

**СИНТО** зат. *Жапон діни нанымдарының қытайша жиынтық атауы.*

**СИНТОМИЦИН** зат. мед. *Левомицетин мен правомицетиннен тұратын жасанды антибиотик.*

**СИНТОИЗМ** зат. діни. *Жапон еліндегі діни сенім.*

**СИНУЗИЯ** [грек. synisia] зат. экол. **1.** *Бір немесе бірнеше тіршілік нысандарының (ағаштар, бұталар, қына, мүк және т.б.) өсімдіктерінен тұратын фитоценоздың экологиялық және кеңістіктік тұрғыдан оқшауланған бөлігі.* **2.** *Мекен ортасына ортақ талаптарымен өзара байланысқан, көбіне құрауыш ағзалардың жиынтығының өзі едәуір дәрежеде түрін өзгерткен ағза популяцияларының жиынтығы.*

**СИНУС** [лат. sinus] зат. мат. *Тригонометриялық төрт ұғымның (синус, косинус, тангенс, котангенс) бірі.*

**Синустар теоремасы.** мат. *Кез келген үшбұрыштың α, β, c қабырғалары мен оларға қарсы жатқан A, B, C бұрыштарының синустары арасындағы қатысты сипаттайтын тригонометриялық теорема.*

**СИНХОНДРОЗ** [synchondrosis: грек. syn – бірге, chondros – шеміршек] зат. вет. *Сүйектердің шеміршек арқылы байланысуы. Омыртқаларға, қабырғаларға, ал жас малда – бас сүйектері мен жамбас сүйектеріне тән құбылыс.*

**СИНХРОМАРКЕТИНГ** зат. экон. *Міндеттері сұранымның өндірістік қуаттардан едәуір асып түсуі ықтимал немесе керісінше, белгілі бір тауарды өндіру көлемінің нарықтың қажеттерінен көп болып шығуы ықтимал сәтте іске асырылатын маркетинг.*

**СИНХРОНДЫ** сын. **1.** *Синхронизммен сипатталатын; уақыт жағынан сәйкесетін.* **2.** техн. *Синхронизм ұстанымдарын қолдануға негізделген.*

**Синхронды байланыс.** <ағыл. sy> инф. *Байланыс желісі бойынша мәліметтерді жоғары жылдамдықпен жеткізу.* **Синхронды генератор.** физ. *Генератор режимінде жұмыс істейтін синхронды мәшине.* **Синхронды жеткізу.** инф. *Әрбір хабарды (мәліметтер блогын) жеткізудің алдында жіберетін және қабылдайтын құрылғыларды синхрондау қажет болатын мәліметтерді жеткізу тәсілі.* **Синхронды жұмыс.** инф. *Синхрондау сигналдарының реттік тізбегімен басқарылатын операциялардың тізбектік орындалуы.* **Синхронды сәулелену.** физ. *Біртекті магнит өрісінде релятивистік жылдамдықпен қозғалатын зарядталған бөлшектер шығаратын электрмагнитті сәулелену.*

**СИНХРОНДЫЛЫҚ** зат. физ. *Бірдей немесе сәйкес элементтерінің фазалар ығысуы өзгермей, екі немесе көбірек үдерістердің уақыт бойынша өту әрекеті.*

**СИНХРОНИЗМ** [грек. synchronismos] зат. *Құбылыстар мен үдерістердің уақыт жағынан дәл, сәйкес болуы.*

**СИНХРОНИЯ** [грек. synchronos] зат. лингв. *Тіл дамуының белгілі бір нақты кезеңіндегі жай-күйі, статистикалық қалпы.*

**СИНЦИТИЙ** [syncytiun: грек. sun – бірге, kutos – клетка] зат. вет. *Клеткалар бірлестігі, өзара бұтақтары арқылы жалғасып, тор тәрізді шоғырланған клеткалар жиынтығы.*

**СИНЬОР** [итал. signor] зат. *Италияда ер адамға қарата айтылатын ізет атауыш, мырза.*

**СИНЬОРА** [итал. signora] зат. *Италияда әйел адамға қарата айтылатын ізет атауыш, ханым.*

**СИНЬОРИНА** [итал. signorina] з а т. *Италияда тұрмыс құрмаған әйел адамға, бойжеткенге қарата айтылатын ізет атауыш, бикеш.*

**СИНЭКОЛОГИЯ** [грек. syn – бірге, грек. oikos – , logos – оқу] з а т. э к о л. *Популяцияның, қауымдастықпен экожүйенің қоршаған ортамен өзара қатынасын зерттейтін экология бөлімі.*

**СИНЭРГИЗМ** [грек. synergia – бірлесу, жұмылу, бірігіп істеу] з а т. в е т. *Әсерлестік, бірнеше түрлі дәрінің біріккен әсері.*

**СИНЭСТРОЛ** з а т. **х и м.** *96 градус спиртте және ыстық өсімдік майында еритін химиялық препарат (ақ ұнтақ зат).*

**СИОНИЗМ** з а т. с а я с. *XIX ғасырдың аяғында, еврейлердің ұлттық сана сезімін оятуды және Палестинада еврейлердің мемлекетін құруды мақсат еткен қоғамдық-саяси қозғалыс; осы қозғалыс ұстанған идеология.*

**СИОНИСТ** з а т. с а я с и. *Сионизмді қолдайтын, сол жолға түскен адам.*

**СИПА=** е т. *Бір затты, денені қолмен сылау.* **Сипай қамшылады.** *Сөзді жанға батырмай айтты, ептеп қана емеурін білдірді.* **Сипап кетті.** *Жылан жалағандай етті, дым қалдырмады.*

**СИПАҒЫШТА=** е т. *Қайта-қайта сипалай беру.*

**СИПАҒЫШТАУ** *Сипағышта етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҚ** с ы н. *Құйрығын сипаңдата беретін (жылқы).*

**СИПАҚ: сипақ қақты.** *Ыңғайсыз күйге түсті, не істерін білмей қипақтады.*

**СИПАҚТА=** е т. *Бір нәрсені батылы барып айта алмай қипаңдау, кібіртіктеу.*

**СИПАҚТАС=** е т. *Кібіртіктесу, қипақтасу, қыбыжықтасу.*

**СИПАҚТАСУ** *Сипақтас етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҚТАТ=** е т. *Қипақтату, кібіртіктету, күйбіжіктету.*

**СИПАҚТАТУ** *Сипақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҚТАУ** *Сипақта етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҚШЫЛ** с ы н. *Сипақтап қалған, өз шешімі жоқ, батылсыз.*

**СИПАЛ: бет сипалды.** *Дұға оқылып, бата жасалды.*

**СИПАЛА=** е т. **1.** *Бір нәрсені ары-бері сипау, қайта-қайта сипай беру.* **2.** *Қараңғыда бір нәрсе іздеп қарману, сипалану.*

**СИПАЛАҚ** з а т. ө с. *Құмда өсетін жабайы өсімдік.*

**СИПАЛАҚТА=** е т. *Батылы бармау, қыбыжықтау; сипақтау.*

**СИПАЛАҚТАТ=** е т. *Сипақтату, қипалақтату.*

**СИПАЛАҚТАТУ** *Сипалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАЛАҚТАУ** *Сипалақта етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАЛАН=** е т. **1.** *Сипақтау, сипағыштау.* **2.** а у ы с. *Әдемілену, сәндену.*

**СИПАЛАНУ** *Сипалан етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАЛАТ=** е т. *Сипатқызу, қайта-қайта сипату.*

**СИПАЛАТУ** *Сипалат етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАЛАУ** *Сипала етістігінің қимыл атауы, қайта-қайта сипау.*

**СИПАЛУ** *Сипал етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАН=** е т. **1.** *Сипалану.* **2.** а у ы с. *Сәндену, әдемілену, сыланып тарану.*

**СИПАН: сипан таза.** *Тып-типыл, дым жоқ, түк жоқ.*

**СИПАНУ** *Сипан етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАНДА[1]=** е т. *Сипаң-сипаң ету, бұлғақтау.*

**СИПАНДА[2]=** е т. с ө й л. ***Сипақта.***

**СИПАҢДАТ=** е т. *Сипақтату, сипаң-сипаң еткізу.*

**СИПАҢДАТУ** *Сипаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҢДАТЫС=** е т. *Сипаң-сипаң етісу.*

**СИПАҢДАТЫСУ** *Сипаңдатыс етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАҢҚЫРА=** е т. *Жайлап сипай түсу.*

**СИПАП-СИПАП=** е т. *Қолмен қайта-қайта сылау.*

**СИПАП-СЫЛА=** е т. **1.** *Қолмен, алақанмен, сипау, сылау, жайлап уқалау.* **2.** а у ы с. *Сәндену, әдемілену.*

**СИПАП-СЫЛАУ** *Сипап-сыла етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАР** з а т. в е т. *Малда болатын жұқпалы аурулардың (алаөкпе, қарасан т.б.) жалпы аты, індет.*

**СИПАС=** е т. *Бірге сипау.*

**СИПАСУ** *Сипас етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАТ=** е т. *Қолымен ұстап сылату.*

**Орнын сипатты [сипатып кетті].** *Іздеген жерден таптырмады, жоқ болып шықты.*

**СИПАТ** [ар. صفة] з а т. **1.** *Кейіп-кескін, келбет.* **2.** *Ерекшелік, белгі, қасиет.*

**Сипат алды.** *Дәстүрлі қалыпқа түсті, белгілі бағыт алды.*

**СИПАТТА=** е т. **1.** *Ерекшелігін, түр-түсін, белгісін сөз ету, айту, баяндау.* **2.** *Суреттеу, бейнелеу, кейіптеу.*

**СИПАТТАЛ=** е т. **1.** *Біреудің не бір нәрсенің ерекшелігі, түр-түсі, сипаты сөз етілу, айтылу, баяндалу.* **2.** *Көркем бейне арқылы кескінделуі.*

**СИПАТТАЛУ** *Сипаттал етістігінің қимыл атауы; суреттелу, бейнелену, кейіптелу.*

**СИПАТТАМА** з а т. *Белгілі бір заттың, құбылыстың ерекшелігі мен қасиетін ашатын, жазбаша не ауызша берілетін анықтама; мінездеме.*

**Сипаттама берді [жасады].** *Негізгі, басты ерекшелігін сипаттады.* **Сипаттама диалектология.** л и н г в. *Диалектілер мен сөйленістердегі ерекшеліктердің қазіргі жайы мен таралған көлемін сипаттап түсіндіру, әдеби тілден қандай ерекшеліктері бар екенін анықтауды мақсат ететін диалектология саласы.*

**СИПАТТАМАЛЫ** с ы н. *Сыр-сипаты ашылған, сипаттама берілген.*

**Сипаттамалы грамматика.** л и н г в. *Тілдің грамматикалық құрылысының қазіргі деңгейін зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**СИПАТТАМАЛЫҚ** с ы н. *Сипаттамаға тән, сипаттамаға қатысты.*

**Сипаттамалық мәліметтер.** и н ф. <ағыл. indicative data> *Нысандарды ұқсастыратын мәліметтер немесе оны азды-көпті бейнелейтін тұрақты сипаттамалар (фамилиясы, туылған жылы, ұлты және т.б.)* . **Сипаттамалық операторлар.** и н ф. *Айнымалылардың, жиымдардың, функциялардың қасиеттерін және жадта шамаларды орналастыруға қажетті ақпараттарды анықтайтын оператор.*

**СИПАТТАН=** е т. *Ерекшелену, өзгешелену, бейнелену.*

**СИПАТТАНУ** *Сипаттан етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАТТАС** с ы н. *Бір-біріне ұқсас, тақылеттес, типтес.*

**СИПАТТАУ** з а т. *Сипат, бейне.*

**СИПАТТАУ** *Сипатта етістігінің қимыл атауы; бейнелеп көрсету, суреттеу.*

**СИПАТТАУЫШ** з а т. и н ф. <ағыл. diclarator> *Құжаттарды, ақпараттық жиымдарды және т.б. іздестіру кезінде оларды топтарға бөлу, жіктеу, индекстеу үшін пайдаланылатын пароль, түйінді сөз немесе сөз тіркесі.*

**СИПАТТЫ** с ы н. **1.** *Сапалы, мазмұнды.* **2.** *Өзгеше, бейнелі.* //*Сияқты, ұқсас.*

**СИПАТТЫЛЫҚ** з а т. *Сапалылық, мазмұндылық.*

**СИПАТТЫР=** е т. *Сипалату, сылаттыру.*

**СИПАТТЫРУ** *Сипаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАТУ** *Сипат етістігінің қимыл атауы.*

**СИПАУ** *Сипа етістігінің қимыл атауы; алақанмен жеңіл-желпі жанау, сылау.*

**СИРА** з а т. е с к і к і т. *Өмірбаян, ғұмырнама, тарих.*

**СИРАҚ** з а т. **1.** *Адамның, хайуанның тізесі мен тобығының арасы, жіліншігі.* **2.** *Сойылған малдың үйітілген, тұяғы алынған жіліншігі.* **3.** а у ы с. *Үстел, орындық, тағы басқалардың жерге тірелетін аяқтары.*

**Сирағы шыққан кедей.** *Түгі жоқ, тап-тақыр, жарлы, нағыз кедей, құ кедей.* **Сирақ мүйіз.** а н а т. <лат. torus digitalis> *Мал сирағының артқы бөлігіндегі томпақ мүйіз.* **Сирақ сүйектері.** а н а т. <лат. ossa cruris> *Артқы аяқ қаңқасының еркін қозғалатын бөлімі ортаңғы бөлігінің сүйектері.*

**СИРАҚСЫЗ** с ы н. *Сирағы жоқ, аяғы кесілген.*

**СИРАҚТАН: қоян сирақтанды.** *Сарғыш тартты, күреңітті.*

**СИРАҚТАП: сирақтап бөлу.** *Тұтас малдың етін төртке бөлу.*

**СИРАҚТЫ** с ы н. **1.** *Сирағы ұзын, сыриған.* **2.** а у ы с. *Тіреуіш орнатылған.*

**СИРАҚТЫЛАУ** с ы н. *Аяғы ұзындау.*

**СИРАТ[1]** [ар. سيرة] з а т. д і н и. *Діни ұғым бойынша, күнәлілер мен күнәсіздерді ажырататы қиямет-қайымның қыл көпірі.*

**Сират көпір.** д і н и. ***Сират.***

**СИРАТ[2]** [ар. صراط] з а т. ә д е б. *Орта ғасырлардағы араб әдебиетінің жанры, проза үлгісінше жазылған өмірбаяндық шығармалар.*

**СИРЕ=** е т. **1.** *Жиілігі кему, селдіреу.* **2.** *Саны кему, азаю.*

**СИРЕГІРЕК** с ы н. **1.** *Онша қалың емес, сиректеу.* **2.** *Азырақ, көп емес.*

**СИРЕК** с ы н. **1.** *Жиі емес, селдір.* **2.** *Ілуде бір, аз.*

**Сирек кездесетін кітаптар қоры.** *Аса құнды басылған шығармалардан тұратын (соның ішінде библиографиялық жиіліксіздігін танымал ететін) кітапхана қорының бөлігі.* **Сирек кітаптар.** а) *Көркемдік, ғылыми, библиографиялық немесе басқаша құндылығы бар, сақталған немесе данасы біршама аз мөлшерде шығарылған кітап.* ә) *Қалған таралымның ерекше қолдан көркемделген, жазушының қолтаңбасы қойылған, ерекше түптелген және т.б. қайталанбас белгілері бар басылым данасы.* **Сирек металл.** г е о л. *Табиғатта аз, шашыранды әрі өндірілуі қиын қымбат бағалы, техникалық маңызы зор металл.* **Сирек элементтер.** х и м. *Жер қыртысында біршама сирек ұшырасып, өте сиреген күйде таралатын, қазіргі технологиялық мүмкіндіктер тұсында ажыратып алудың қиындығы жоқ элементтер.*

**СИРЕКБАС** з а т. ө с. *Басы селдір шөп.*

**СИРЕКЖАПЫРАҚ** з а т. ө с. *Сәндік үшін қолдан өсірілетін гүлді өсімдік.*

**СИРЕК-СИРЕК** с ы н. *Өте селдір, арагідік.*

**СИРЕКСУ** *Сирексі етістігінің қимыл атауы.*

**СИРЕКСІ=** е т. **1.***Селдіреу, сиреу.* **2.** *Жиілігі кему, азаю.*

**СИРЕКСІТ=** е т. **1.** *Азайту, жиілігін кеміту.* **2.** *Сирек-сирек етіп орналастыру.*

**СИРЕКСІТУ** *Сирексіт етістігінің қимыл атауы.*

**СИРЕКТЕ=** е т. **1.** *Сирек тарту, селдіреу.* **2.** *Саны азаю, кему.*

**СИРЕКТЕТ=** е т. **1.** *Жиілігін азайту, сирету.* **2.** *Баяулату, ақырындату.*

**СИРЕКТЕУ[1]** с ы н. *Онша жиі емес, селдірлеу.* // *Анда-санда, оқта-текте, арагідік.*

**СИРЕКТЕУ[2]** *Сиректе етістігінің қимыл атауы.*

**СИРЕКТІК** з а т. **1.** *Арасы қашық жатушылық, селдірлік.* **2.** *Өте аздық, көп еместік.*

**СИРЕНА** [лат. siren] з а т. ***Дабыл.***

**СИРЕНЬ[1]** з а т. ө с. *Ақ, күлгін гүлді, хош иісті, бақшада өсірілетін ағаш, бойшаң бұта.*

**СИРЕНЬ[2]** [грек. sirenia] з а т. з о о л. **1.** *Судағы сүтқоректілердің бір отряды.* **2.** *Құйрықты қосмекенділердің бір тұқымдасы.*

**СИРЕҢКІРЕ=** е т. **1.** *Азая түсіңкіреу, саны кеміңкіреу.* **2.** *Сирек тарту, селдіреңкіреу.*

**СИРЕҢКІРЕУ** *Сиреңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**СИРЕТ=** е т. **1.** *Азайту, кеміту.* **2.** *Арасын алшақтату, сирек-сирек етіп орналастыру.*
**СИРЕТКІШ** с ы н. *Жиі затты сиретуге арналған, сүйылтқыш мәшине.*
**СИРЕТТІР=** е т. *Алшақтату, азайту.*
**СИРЕТУ** *Сирет етістігінің қимыл атауы, арасын алшақтату.*
**СИРЕТІЛ=** е т. *Сирек етіп орналастырылу, арасы алшақтатылу.*
**СИРЕТІЛУ** *Сиретіл етістігінің қимыл атауы.*
**СИРЕУ** *Сире етістігінің қимыл атауы; саны кему, азаю.* **1.** *Селдіреу, сиректеу.* **2.** *Азаю, кему.* **3.** *Саябырсу, басылу.*
**СИРОП** з а т . *Шәрбет, жеміс шырыны.*
**СИСА** [ор. ситец] з а т . т о қ ы м а. *Мақтадан тоқы-латын, арзан бағалы, түрлі түсті мата.*
**СИСАРЫ** з а т . ж е р г . к ө н е . *Батпанның үштен бірі.*
**СИСТЕМА** [грек. systema] з а т . ***Жүйе.*** **1.** *Бүтін, түтас, бір-біріне байланысты заттардың жалпы бірлігі, құрамы.* **2.** *Қоғамдық формация, мемлекеттік құрылыс.*
**СИСТЕМОТЕХНИКА** з а т . т е х н. *Өзара байланысқан бірнеше элементтерден түратын күрделі жүйелерді жобалау, жасау, сынау және пайдалану мәселелерін қамтитын ғылыми бағыт.*
**СИТАЛ** з а т . х и м . т о қ ы м а. *Шыны кристалдық мата.*
**СИТОБИЯЛАР** [грек. sitos – тамақ, bios – өмір] з а т . б и о л . *Тамақ өнімдерінің ішіне кіріп, сонымен қоректенетін ағзалар.*
**СИСТОЛА** [грек. systole] з а т . в е т . *Жүрек етінің белгілі бір ырғақпен жиырылуы.*
**СИТСА** з а т . с ө й л . ***Сиса.***
**СИФ** [ағыл. cifcost – құн, insurance – сақтандыру, freight – фрахт] з а т . э к о н . **1.** *Сыртқы саудадағы сатып алу-сату шартының түрі.* **2.** *Шеттен әкелінетін тауардың шегаралық бағасы.*
**Сиф бағасы.** э к о н . *Тауардың порттағы кеме бортына жеткізілгенге дейін мүлде жарамсыз болуы немесе бүлінуі қатерімен бірге жүкті тасымалдауға, кеден алымдарын төлеуге және сақтандыруға жұмсалатын барлық шығындар тауарды сатушыға жүктеледі дегенді білдіретін баға.* **Сиф мәмілесі.** э к о н . *Сатушы көлікті ұйымдастырып, апарылатын портқа дейін тауардың кірепұлын төлеуге, тауарды кеменің бортына жеткізуге, экспорттық лицензияны алып, баж төлеуге, тауарды тасымал кезінде сақтандыруға, сатып алушыға шотты, коносаментті және сақтандыру полисін табыстап, тасымал шартына енгізілсе, тауарды тиеу мен түсіру шығынын төлеуге міндетті болатын мәміле түрі.*
**СИФАЛЫҚ** з а т . е с к і к і т . *Жомарттық, сыпайылық.*
**СИФЕ** з а т . э к о н . *Келісілген баға.*
**СИФИЛИДОЛОГИЯ** з а т . м е д . *Медицинаның мерез ауруын емдеу шараларын зерттейтін саласы.*
**СИФИЛОМА** з а т . м е д . *Мерез ісігі.*
**СИФИЛИС** з а т . м е д . *Жұқпалы жыныс ауруы, мерез.*
**СИФОН** [грек. siphon] з а т . **1.** *Суды арнадан, науадан және уақытша арықтардан суарушы жүйекке беру құралы.* **2.** *Сұйық заттарды бір ыдыстан басқа бір ыдысқа ауыстырып құю үшін әртүрлі деңгейде иіліп жасалған түтік.* **3.** *Суды, шырынды және басқа сусындарды газдандыруға арналған аспап.*
**СИЫҚ** з а т . **1.** *Сыртқы түр-түрпат, сүрық.* **Сиқы бірдей [бір].** *Ұқсас, тақылеттес.* **Сиқы жоқ.** а) *Сиықсыз, үсқынсыз, сүйкімі жоқ.* ә) *Түрі көрінбейді, ойы жоқ.* **Сиқы кетті**. *Берекесі кетті, сиықсыз болды.* **Сиқын алды [кетірді]**. *Берекесін кетірді.*
**СИЫҚСЫЗ** с ы н . *Кескін-келбеті нашар, ажарсыз, көріксіз. // Ажарсыз, көріксіз адам.*
**СИЫҚСЫЗДАН=** е т. *Сұрқы қашу, көріксіздену.*
**СИЫҚСЫЗДАУ** с ы н . *Ұсқынсыздау, көріксіздеу.*
**СИЫҚСЫЗДЫҚ** з а т . *Көзге қораштық, сүрықсыздық.*
**СИЫҚТЫ** с ы н . с ө й л . *Келбетті, кескінді, өңді.*
**СИЫН=** е т. **1.** д і н и . *Жаратушы құдірет, Құдай бар деп, соған табыну.* **2.** а у ы с . *Қадірлеу, қастерлеу, пір түту.*
**СИЫНДЫР=** е т. *Мінәжат еткізу, табындыру.*
**СИЫНДЫРУ** *Сиындыр етістігінің қимыл атауы.*
**СИЫНУ** *Сиын етістігінің қимыл атауы; табыну, мінәжат ету.*
**СИЫР** з а т . **1.** *Аша тұяқты, мүйізді ірі қара мал; төрт түліктің бірі.* **2.** *Осы түліктің ұрғашысы, аналығы.*
**Сиыр бүйрек**. *Бөлек-бөлек болып жатқан.* **Сиыр егіз тапты.** э т н . *Сиыр әдеттегідей жалқы бұзауламады [сиыр егіз тапқанын қазақ жақсы ырымға санамайды. Егіз бұзаудың бірін бөтен біреуге беріп жібереді].* **Сиыр еті.** *Сиыр үшасы.* **Сиыр жорға.** *Сиыр жүрісті, ірі, тарпаң жорға.* **Сиырдың бүйрегіндей бытырады [бөлшектенді].** *Тоз-тоз болып, жан-жаққа тарады, берекесі кетті; басы қосылмады.* **Сиырдың бүйрегіндей бытырау.** *Бет-бетіне, жан-жаққа тарап кетуі; басы қосылмауы, берекесі кету.* **Сиырдың жорғасы секілденді.** к е к е с і н . *Еп қуып, майда жүріске салды.* **Сиыр жылы**. *Уақытты он екі мүшел жыл жүйесімен есептеудің тышқан жылынан кейін, барыс жылынан бұрын келетін екінші жылы.* **Сиыр қашып кетті**. с ө й л . *Бұқаға түсіп кетті немесе бұқаға түсіп, тоқтап кетті.* **Сиыр қора**. *Сиыр түратын, сиыр қамайтын қора.* **Сиыр мінез**. *Сүйкімсіз қылық (көрінген нәрсеге орынсыз соқтыққанда айтылады).* **Сиыр өсіру**. м а л ш а р. *Мүйізді ірі қара шаруашылығы, малшаруашылығының басты салаларының бірі.* **Сиыр сәске [түс]**. а) *Түс болуға таянған мезгілді білдіретін халықтық өлшем.* ә) *Күн енді ғана арқан бойы көтерілген кез.* **Сиыр соқпағы**. а) *Шағындау, аса ұзақ емес жол.* **Сиыр тектес**. *Жөнімен сөйлемейтін, қисық, қыңыр.* **Сиыр түс.** *Ерте сәскеден кейінгі түс болуға таянған шақ.* **Сиыр тілді.** *Ретсіз, жөнсіз, артық сөйлейтін (адам).* **Сиыр ферма.** м а л ш а р . *Сиыр бағу, ет, сүт өнімдерін берумен айналысатын сауыншылары мен бақташылары болатын ферма.*
**СИЫР=** е т. **1.** с ө й л . *Ысыру, сыпыру.* **2.** *Сыдыру, аршу.*
**СИЫРБҰРШАҚ** з а т . ө с. <лат. vigna> *Сабағы тік не төселмелі, жапырақтары ірі, сарғылт жасыл гүлді, бұршақ тұқымдасының бір түрі.*
**СИЫРБҮЙРЕК** з а т . ө с. *Қатты жынысты ағаштардың бір түрі.*
**СИЫРБҮЛДІРГЕН** з а т . ө с. <лат. fragaria> *Ылғалды жерде өсетін бүлдірgеннің жабайы түрі.*
**СИЫРДАЙ** с ы н . *Үлкен, зор, дардай.*
**Сиырдай мүйіздесті**. *Өзара қырқысты, түртпектесті.*
**СИЫРЖАТАҚ** з а т . ж е р г . *Жаз айларында сиырлар жататын жер.*
**СИЫРЖИДЕК** з а т . ө с. ***Сиырбүлдірген.***
**СИЫРЖОҢЫШҚА** з а т . ө с. <лат. vicia> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*
**СИЫРЖУА** з а т . ө с. *Шабындықты жерде өсетін жуаның бір түрі.*
**СИЫРКЕПЕ** з а т . *Сиыр тұратын жер, орын.*
**СИЫРКӨЗ** з а т . ө с. *Бұйраланып өсетін кішкене аласа шөп.*
**СИЫРКӨЗДІ** с ы н . *Сиыркөз өскен, сиыркөзі бар.*
**СИЫРКӨЗДЕН=** е т. *Көзі алару, ақшию.*
**СИЫРКӨЗДЕНУ** *Сиыркөзден етістігінің қимыл атауы.*
**СИЫРҚАРАҚАТ** з а т . ө с. *Жидекті бұтаның жемісі, ірі түрі.*
**СИЫРҚҰЙРЫҚ** з а т . ө с. <лат. verbascum songaricum> *Басы шашақты, жуан әрі ұзын құрай.*
**СИЫРҚҰЙЫМШАҚ** з а т . **1**. *Мүйізді ірі қараның құйымшақ омыртқасының майдаланып, кішірейіп кеткен бөлігі.* **2.** а у ы с . *Жеріне жетпей, аяқсыз қалған іс.*
**СИЫРҚҰЙЫМШАҚТАН=** е т. **1.** *Біртебірте кішірейіп жіңішкеру.* **2.** а у ы с . *Істің аяқсыз қалып, соңы сұйылып, берекесізденуі.*
**СИЫРҚҰЙЫМШАҚТАНДЫР** *Оның үстіне бірден бетке соққаны – араларын ушықтырып, қиынға айналдырып жіберетінін сезді. Одан гөрі сиырқұйымшақтандырып созбалап апарып, аяғын құрдымға сіңіру дұрыс болатын.*
**СИЫРҚҰЙЫМШАҚТАНУ** *Сиырқұйымшақтану етістігінің қимыл атауы.*
**СИЫРЛЫ** с ы н . *Сиыры бар, сиыр ұстайтын, сиыры көп.*
**СИЫРСАСЫР** з а т . ө с. *Сасырдың өте биік болып өсетін түрі.*
**СИЫРСАУЫМ: сиырсауым уақыт.** *Сиыр сауып біткенге дейінгі уақыт ұзақтығын білдіретін х а л ы қ т ы қ өлшем.*
**СИЫРСОҚПАҚ** з а т . *Сиырдың жайылымға барып қайтатын үйреншікті жолы.*
**СИЫРСІЛЕКЕЙ** з а т . ө с. <лат. sanguisorba> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын гүлдері ұсақ, күңгірт қызыл түсті, көпжылдық өсімдік.*
**СИЫРУ** *Сиыр етістігінің қимыл атауы; ысыру, сыпыру.*
**СИЫРША** ү с т . *Сиыр тәрізді, сиырға ұқсап.*
**СИЫРШЫ** з а т . *Сиыр бағатын кісі.*
**СИЫРШЫЛА=** е т. *Орнынан әрең, зорға тұру.*
**Сиыршылап тұрды**. *Әбден көтеремнің аз-ақ алдында жүрген жылқы жатқан орнынан алдыңғы жағынан тұрмай, арт жағынан көтерілді.*
**СИЫРШЫЛАУ** *Сиыршыла етістігінің қимыл атауы.*
**СИЫРШЫЛЫҚ** з а т . *Сиыр бағушылық, сиыр бағу кәсібі.*
**СИЫРЫЛ=** е т. *Сыдырылу, аршылу.*
**СИЫРЫЛУ** *Сиырыл етістігінің қимыл атауы.*
**СИЯ** [ир. سیاه] з а т . *Жазуға арналған әртүрлі бояулы сұйық зат.*
**Сия картриджі.** и н ф . <ағыл. ink cartridge> *Сия бүріккіш принтерге арналған, ішінде сиясы бар бір реттік контейнер.* **Сиясы кеппеген.** *Жаңа жазылған, баспадан жаңа шыққан.*
**СИЯКӨК** з а т . ө с. <лат. linaria> *Сабынкөктер тұқымдасына жататын бір не көпжылдық өсімдік.*
**СИЯЗ** ор. з а т . с ө й л . ***Съезд.***
**СИЯҚ** з а т . *Адамға я басқа бір затқа тән түр-түлға, пішін, келбет.*
**СИЯҚТАН=** е т. *Тәрізедену, секілдену, ұқсау.*
**СИЯҚТАНДЫР=** е т. *Ұқсаттыру, сәйкестендіру.*
**СИЯҚТАНДЫРУ** *Сияқтандыр етістігінің қимыл атауы.*
**СИЯҚТАНУ** *Сияқтан етістігінің қимыл атауы.*
**СИЯҚТЫ** ш ы л . *Тәрізді, секілді.*
**СИЯҚТЫЛАУ** с ы н . *Тәріздідеу, секілділеу.*
**СИЯЛА=** е т. *Сиямен былғау, сия жағу, сия тигізу.*
**СИЯЛАН=** е т. *Сия-сия болу, сия жағылу.*
**СИЯЛАНУ** *Сиялан етістігінің қимыл атауы.*
**СИЯЛАТ=** е т. **1.** *Сия жаққызу.* **2.** а у ы с . *Былғату, ластату, кірлету.*
**СИЯЛАУ** *Сияла етістігінің қимыл атауы.*
**СИЯЛЫ** с ы н . *Сиясы бар.*
**СИЯПАТ** [ар. صیافت] з а т . *Істелген жұмыстың мөлшері (саны) мен сапасына байланысты еңбекақы, сыйақы төлеу, ақшалай не заттай сыйлық беру арқылы жұмысшылардың, қызметшілердің еңбегін ынталандыру, бағалау шарасы.*
**СИЯСАУЫТ** з а т . к ө н е . *Сия құятын кішкене құты.*
**СИЯША** ү с т . *Сия сияқты, сияға ұқсап.*
**СКАЗ** ор. з а т . ә д е б . *Орыс әдебиетінде*

*қалыптасқан әдеби жанр, оқиғаны баяндау өзгешелігі, тілінің қарапайымдылығы жағынан ертегі, аңыздарға жақын келетін әңгіме.*

**СКАЛПИНГ** зат. экон. *Бағаның барынша аз өзгертілуіне негізделген алыпсатарлық операциялардың бір түрі.*

**СКАЛЬПЕЛЬ** [лат. scalpellum] зат. мед. *Тұтас металдан жасалған, ұзындығы 12–15 см хирургиялық пышақ.*

**СКАЛЯР** [лат. scalaris] зат. физ. *Әрбір мәні нақты сан арқылы өрнектелетін шама.*

**СКАЛЯРЛЫҚ** сын. физ. *Скаляр шамаға қатысты.*

**Скалярлық шама.** физ. *Уақыттың әрбір мезетінде тура бір мәнге сәйкес болатын шама.*

**СКАЛЯРИЯ** зат. зоол. *Қанаттары ұзын, ірілеу балық.*

**СКАНДИЙ** [лат. scandium] зат. хим. *Күміс түстес, сарғыш реңді металл, химиялық элемент.*

**СКАНЕР** [ағыл. scanner] зат. инф. **1.** *Компьютердің жадына бейнені енгізіп, құжаттан шағылған сәулені қабылдап, олардан цифрлы сигналдар құрастыратын, суреттерді, мәтінді, фотографияны оптикалық түрде оқи алатын құрылғы.* **2.** *Лексикалық талдауыш.*

**СКАНЕРЛЕ=** ет. инф. <ағыл. scanning> **1.** *Мәліметтерді тізбекті түрде қарап шығу (мыс., кестелер, файлдар).* **2.** *Сканердің көмегімен компьютердің жадына бейнелерді енгізу.*

**СКАРИФИКАЦИЯ** зат. *Скарификатор атты арнаулы аспаппен теріні не кілегейлі қабықты тырнап жарақаттану.*

**СКАРЛАТИНА** [итал. scarlattina] зат. мед. *Көбіне жас балаларда кездесетін өте жұқпалы тамақ ауруы.*

**СКАРН** [швед. skarn] зат. геол. *Әктімагнийлі-темірлі силикаттардан және алюмосиликаттардан құралған метасоматитті, тастанды, пайдасыз таужыныс.*

**СКАРНДАН=** ет. геол. *Карбонатты, кейде силикатты таужыныстардың көбінесе саяз тереңдіктерде, некен-саяқ терең қойнауларда жоғары температуралы метасоматоз процесіне ұшырауынан скарндардың түзілуі.*

**СКАРНОИД** зат. геол. *Құрамы жағынан скарндарға жақын, ал жаралу тегі тұрғысынан скарндар мен мүйізтастардың аралығына сәйкес келетін таужыныстар.*

**СКАТОЛ** [грек. skor, skatos] зат. вет. *Тоқ ішекте микроб әсерінен триптофан ыдыраған кезде түзілетін улы зат.*

**СКАТТАР** [сканд. skata] зат. зоол. *Тұтасқанаттылар – тақтажелбезектілер отрядының үстіңгі тобына жататын балықтар.*

**СКАУТ** зат. экон. *Саудаға қатысудың ортақ валюталық опционы дегенді білдіретін қысқарған сөз.*

**СКАФАНДР** [франц. scaphandre] зат. *Ғарышта, су астында зерттеу жұмысын жүргізу үшін лайықталып тігілген арнаулы киім.*

**СКВАЖИНА** зат. кен. ***Ұңғыма*** *(жерден су, мұнай т.б. сұйық зат шығару үшін бұрғыланып тесілген, әрі терең, әрі тар тесік).*

**СКВАТТЕР** [ағыл. squatter] зат. экон. *Ұсақ жалгер.*

**СКВЕНСОР** [ағыл. sequencer] зат. инф. *MiDI-әуендерін редакциялауға арналған бағдарлама.*

**СКВЕР** [ағыл. square] зат. *Қала ішіндегі адам саялайтын кішігірім бақ.*

**СКЕЙТ** [ағыл. scathe] зат. экон. *Делдалдардың өздері күні бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған акциялардың бағасын белгілеуден бас тартуы.*

**СКЕЙТБОРД** [ағыл. scateboard] зат. спорт. *Сырғанақ тебуге арналған төрт доңғалақты ұзыншақ, шағын ағаш тақтайша.*

**СКЕЙТЕР** зат. спорт. *Скейтбордпен сырғанаушы.*

**СКЕЙТИНГ** зат. экон. *Дилердің баға белгіленімінен ойда жоқт бас тартуы.*

**СКЕЛЕТОН** [ағыл. skeleton] зат. *Сырғанақ тебетін шана.*

**СКЕПТИК** [грек. skeptikos] зат. **1.** *Скептицизмді жақтаушы.* **2.** *Әр нәрсеге шүбәланып, сенімсіздік білдіретін адам.*

**СКЕПТИЦИЗМ** [грек. skeptikos] зат. филос. **1.** *Объективті шындықты дұрыс тану мүмкіндігіне күдікпен қарайтын философиялық бағыт.* **2.** *Күдікшілдік, сенбеушілік.*

**СКЕРЦО** [итал. scherzo] зат. муз. **1.** *Әзілқалжың сипаттағы мәтіндерге жазылған бір дауысты вокалдық пьеса.* **2.** *Жылдам екпінде, ойнақы сипатта жазылған, ырғағы мен әуені еркін алмасып отыратын аспаптық пьеса.*

**СКЕТЧ** [ағылш. sketch] зат. әдеб. *Кейіпкерлері аз, комедиялық және сатиралық мазмұнға жеңіл құрылған, шағын бір актілі пьеса.*

**СКИП** [ағыл. skip] зат. кен. *Сусыма материалдарды көтеру үшін пайдаланылатын, жүгі автоматты түрде түсірілетін ыдыс.*

**СКИПИДАР** зат. мед. *Қылқанды өсімдіктердің шайырын қайнату арқылы айырылып алынған ащы иісі бар сарғыштау, мөлдір сұйық зат.*

**СКИФ**[1] зат. тар. *Біздің дәуірімізден бірнеше ғасыр бұрын Қара теңіз бойында және оған жалғас жерлерде көшпенді өмір сүрген дала тайпаларының жалпы аты.*

**СКИФ**[2] зат. спорт. *Тұрқы ұзын, жіңішке жарыс қайығы.*

**СКЛЕРИТТЕР** [грек. sklera] зат. биол. *Буынаяқтылардың хитинді кутикуласының тілікшелері.*

**СКЛЕРА** [грек. sclera, skleros] зат. вет. *Көздің нығыз қабаты.*

**СКЛЕРОЗ** [грек. sklerosis] зат. мед. *Ағзада қан тамырларының қатаюы, ұмытшақтық.*

**СКЛЕРОМА** [грек. skleroma] зат. мед. *Көбінесе тыныс жолдарында болатын ауру.*

**СКЛЕРОМЕТР** [грек. skleros – қатты, metron – өлшем] зат. геол. *Минералдардың қаттылығын дәлірек анықтауға арналған аспап.*

**СКЛЕРОФИТ** [грек. skleros – қатты, грек. phyton – өсімдік] зат. өс. *Құрғақшылыққа төзімді, судың булануын тиімді тұтып қалатын қатты жапырағы мен бұтағы бар өсімдік.*

**СКОЛЕКС** [грек. skolex] зат. биол. *Таспақұрттардың бас бөлімі.*

**СКОЛИОЗ** [грек. skoliosis] зат. анат. *Омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюы.*

**СКОМОРОХ** зат. тар. *Ежелгі Ресейде той-думанда ойын-сауық жасайтын, өлең айтып, әртүрлі аспаптарда ойнап, кейде би билеп, жұрттың көңілін көтеретін өнерпаз, ақын-әнші, сайқымазақ.*

**СКОНТО** [нем. Skonto] зат. экон. *Тауар үшін төлем мерзімі басталмастан бұрын төлеген жағдайда тауар құнынан шегеру.*

**СКОЧ** зат. *Жабысқақ таспа.*

**СКРЕПЕР** [ағыл. scraper] зат. тех. *Топырақ, кен, көмір т.б. әкететін үлкен қырғышы бар мәшине.*

**СКРЕПЕРЛЕН=** ет. *Скрепермен ысырылу, жиылу.*

**СКРЕПЕРЛІК** сын. *Скреперге тән, скреперге қатысты.*

**СКРЕПЕРШІ** зат. *Скреперді жүргізуші.*

**СКРИНИНГ** зат. экон. *Бейнені экранға шығару; қаулы деп тану.*

**СКРИП** [ағыл. scrip] зат. экон. *Жаңа акциялар сертификатын басылыа шықпастан бұрын алдын ала беру.*

**СКРИПАЧ** зат. сөйл. ***Скрипкашы.***

**СКРИПКА** зат. муз. <итал. violino> *Ысқышпен ысып ойналатын төрт ішекті музыкалық аспап.*

**СКРИПКАШЫ** зат. муз. *Скрипкада ойнаушы.*

**СКРИПОФИЛИЯ** зат. экон. *Ескі облигациялар мен акция сертификаттарын жинау.*

**СКРИПС** зат. экон. *Акцияларды иеленуге берілген уақытша сертификат.*

**СКРОЛЛИНГ** зат. инф. *Экран терезесіне толық симай орналасқан мәтін.*

**СКРУББЕР** [ағыл. scrubber] зат. тех. *Цилиндрлі айналмалы, кенді қопсытып жуатын аппарат.*

**СКРЭБ** [ағыл. scrub] зат. бот. *Құрғақсүйгіш, негізінен мәңгі жасыл бұталар мен аласа ағаштар тоғайы.*

**СКУББЕР** [ағыл. scubber] зат. тех. *Газ тазалайтын құрылғы.*

**СКУЛЬПТОР** [лат. sculptor] зат. *Сәулетші, сәулет өнерінің шебері.*

**СКУЛЬПТУРА** [лат. sculptura] зат. *Әртүрлі заттарды (балшық, балауыз, тас, металл, ағаш) кесу, ою, жабыстыру арқылы жасалған сәулет өнері.*

**СКУЛЬПТУРАЛЫҚ** сын. *Скульптураға тән, скульптураға қатысты.*

**СКУМБРИЯ** [грек. skumbri] зат. зоол. *Жерорта теңізі мен Қара теңізде болатын делдал тұқымдасына жататын ұсақ балық.*

**СКУТЕР** [ағыл. scooter] зат. спорт. *Моторлы су спортында қабылданған, іліп бекіткен моторлары бар, спортқа арналған моторлы қайықтар тобы.*

**СКЭЛПЕР** [ағыл. scalper] зат. экон. *Өз атынан немесе тапсырма бойынша әрекет ететін, биржадағы нақты тауардың шағын топтамаларымен сауда-саттық жасайтын ұсақ маклер.*

**СКЭН-КОД** [ағыл. scan code] зат. инф. *Пернені басқан кезде жүйелі блокқа жіберілетін оның реттік нөмірі; бір байттық сан.*

**СЛАВЯНДАР** зат. тар. *Тайпалар тобы, қазіргі Солтүстік-шығыс, Орта және Оңтүстікшығыс Еуропа халықтарының арғы тегі.*

**СЛАВЯНОФИЛЬДЕР** зат. мәд. *XIX г. орыс қоғамдық ойпікіріндегі консервативті саяси және діни философиялық ағымның өкілдері.*

**СЛАВЯНШЫЛДЫҚ** зат. тар. *XIX ғасырдың 40–50-жылдарындағы Ресейдегі қоғамдық ағым.*

**СЛАЙД** [ағыл. slide] зат. инф. *Экранда көрсетуге арналған мөлдір материалдағы фотографиялық бейне.*

**СЛАЛОМ** [норв. slalom] зат. спорт. *Биік таудан, әртүрлі кедергілерден өтетін шаңғы спорты.*

**СЛАНЕЦ** зат. мин. *Құрылыс материалы ретінде жұмсалатын таужыныс.*

**СЛЕСАРЬ** зат. *Темірден жасалған нәрселерді дәнекерлеуші жұмысшы маман.*

**СЛЕСАРЬЛЫҚ**[1] зат. *Дәнекерлеуші жұмыс.*

**Слесарьлық жұмыстар**. *Слесарьлық аспаптардың көмегімен дәнекерлеу, тетіктерді жасау немесе дайындамалардың бөлікті беттерін өңдеу және бұйымдарды құру жұмыстары.*

**СЛЕСАРЬЛЫҚ**[2] сын. *Слесарьға қатысты, слесарьға тән.*

**СЛЁТ** зат. *Белгілі бір көпшілік ұйым мүшелерінің мәжілісі.*

**СЛИП** зат. экон. *Делдал андеррайтерге табыстайтын тәуекелдің егжей-тегжейі көрсетілетін сақтандыру құжаты.*

**СЛИПЕР** зат. экон. *Инвесторлар аз көңіл бөлетін, бірақ айтарлықтай әлеуетті акциялар.*

**СЛОГАН** [ағылш. slogan] зат. *Жарнамалық идеяның қысқа, оңай ұғынылатын, тиімді тұжырымдамасынан тұратын жарнамалық ұран, девиз.*

**СЛОТ** [ағыл. slot] зат. инф. *Компьютердің жүйелілік тақшасындағы кеңейтудің алып-қосу ойығы; мөрлі тақша орналастырылатын орын.*

**СЛЭНГ** [ағыл. slang] зат. инф. *Үздікті оқиғалары бар жүйені ұқсаттырып модельдеуге икемделген бағдарламалау тілі.*

**СЛЮДА** зат. мин. *Металлургия, химия өнеркәсібінде, мәшине жасауда пайдаланылатын түсі сарғыш жылтыр болып келетін минерал.*

**СМАЛЬТА** [итал. smalto] зат. **1.** *Түрлі түсті кішкене куб немесе пластина түріндегі мөлдір емес шынылар.* **2.** *Минералды көк бояу.*

**СМЕНА** ор. зат. ***Ауысым*** *(басқа жұмысшымен ауыстыруды қажет ететін мерзімді жұмыс уақыты).*

**СМЕНАЛАС** сын. сөйл. *Сменасы бір, бір сменада жұмыс істейтін.*

**СМЕНАЛЫ** сын. сөйл. *Сменаға бөлінген, ауысымды.*

**СМЕНАЛЫҚ** сын. сөйл. *Сменаға қатысты, сменаға тән.*

**СМЕНДІК** сын. сөйл. *Ауысымдық.*

**СМЕТА** зат. бухг. *Алдын ала есептелген кіріс пен шығыс; материалдық және ақшалай қаражаттың жұмсалуы мен түсуінің жоспары.*

**СМЕТАЛЫҚ** сын. *Сметаға сәйкес.*

**Сметалық баға**. экон. *Құрылыс өнімінің жоба негізінде жасалған сметада айқындалатын бағасы.* **Сметалық есеп**. экон. *Құрылыстары жекелеген жобалар бойынша жүзеге асырылатын үймереттер мен ғимараттардың құнын, сондай-ақ нарық көрсеткіштер, ірілілеңген сметалық мөлшерлер мен жұмыс сызбалары болмаған кезде жұмыстардың жекелеген түрлерінің құнын анықтайтын сметалық құжат.* **Сметалық құжаттар.** экон. *Түрлі құрылыстарды жүргізу үшін қажетті қаржының есептелген құжаттарының жинағы.* **Сметалық нормалар.** экон. *Құрылыстың сметалық құнын айқындау үшін қолданылатын нормативтер жүйесі.*

**СМОГ** [ағыл. smog, smoke – түтін, fog – тұман] зат. хим. *Құрамы түтін, тұман және шаңнан тұратын аэрозоль.*

**СМОЛА** зат. *Қарағайдан және кейбір басқа өсімдіктерден алынатын, әртүрлі заттардың күрделі қоспасы; шайыр; ауа тисе тез қататын, иісті жабысқақ зат; қара май.*

**СМОЛАЛЫ** сын. *Смоласы бар, смола жағылған.*

**СМОЛАЛЫҚ** сын. *Смолаға тән, смолаға қатысты.*

**СНАЙПЕР** [ағыл. sniper] зат. *Көздеген нысанасына дәл тигізетін мерген.*

**СНАЙПЕРЛІК** зат. *Снайпер болушылық, мергендік.*

**СНАЙПЕРСКОП** зат. әск. *Түнде көздеп атуға арналған құрал.*

**СНАРЯД** зат. әск. *Үш жағы үшкір, цилиндр формалы зеңбірек оғы.*

**Снаряд жылдамдығы.** әск. *Снаряд (оқ, мина) қозғалысының негізгі сипаттамасының бірі.* **Снарядтарды шашырата тастау.** әск. *Бірдей жағдайда бір қарудан шашырата оқ ату.* **Снарядтың өзін-өзі жоюы.** әск. *Зенит снарядтың (ракетаның) әуедегі нысанаға (ұшаққа) тимеген жағдайда атылғаннан кейін белгілі бір уақыт өткен соң жарылуы.*

**СНАРЯД-ҰШАҚ** зат. әск. *Әдетте ядролық зарядпен және реактивті қозғалтқышпен, сондай-ақ ұшуды басқару және мәні нысанаға туралау үшін арнайы құралдармен жабдықталған, бір рет қолдануға арналған ұшқышсыз қанатты ұшу аппараты.*

**СНЕП-ЭУЭЙ** зат. спорт. *Кең тараған қорғану амалы [Мұнда дене шалқайып, бар салмақ кейінгі жақта тұрған аяққа ауысады да, осы қимыл-қозғалыс арқылы спортшының кеудесі кейін қарай шалқаяды].*

**СНОБОЛ** [ағыл. snobol] зат. инф. *Мәтіндік ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалау тілі.*

**СНОУБОЛЛИНГ** зат. экон. *Тоқтатым ордерлерді активтеу құлдыраушы не өрлеуші нарықты бағаға қысымды одан әрі төмендететін не жоғарылататаын үдеріс.*

**СНУКЕР** зат. спорт. *Қалталары бар он бес қызыл, алты түрлі түсті, бір-ақ шармен ұратын бильярд столының үстіндегі ойын.*

**СО** есім. сөйл. ***Сол.***

**СОБА** зат. саят. *Бүркітті құстыру үшін басына киіз, ескі шүберек байлаған ағаш.*

**СОБАЛАҚ**[1] зат. жерг. *Отқа көміп пісірілген нан.*

**СОБАЛАҚ**[2] сын. **1.** *Әбден ұйысқан, ширатылған (жүн).* **2.** ауыс. *Босбелбеу, ынжық, былжыр (адам).*

**Собалақ жемісті қарабасшөп.** өс. <лат. poterium lasiocarpum> *Қарабасшөп туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.*

**СОБАЛАҚТАН=** ет. *Ұйысу, ұйпалану.*

**СОБАЛАҚТАНУ** *Собалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**СОБАЛАҢ**[1] зат. сөйл. ***Зобалаң.***

**СОБАЛАҢ**[2] сын. *Шұбалған, ұзын.*

**СОБАЛАҢ**[3]**: собалаң етті.** *Сөлең етті.*

**СОБАЛАҢДА=** ет. **1.** *Шұбатылу, сөлеңдеу.* **2.** ауыс. *Икемсіз қозғалу, арбаңдау.*

**СОБОР** зат. *Қаладағы не монастырьдағы ең үлкен шіркеу.*

**СОБЫҚ**[1] зат. бот. *Жүгерінің дән байлайтын жері; сота.*

**СОБЫҚ**[2] зат. жерг. *Сопақтау, жұмыр келген күміс сырға түрі.*

**СОБЫҚТА=** ет. *Жүгерінің собығын сабағынан ажыратып алу.*

**СОБЫҚТЫҚ** сын. *Собыққа тән, собыққа жататын.*

**СОБЫҚША** зат. *Кішкене собық.*

**СОБЫЛ** сын. жерг. *Собалақ, сопайған.*

**СОВАРСЕН** [лат. sovarsenum] зат. вет. *Құрамында 6% ангриді бар, суда еритін, иіссіз ақ не сәл сарғыш ұнтақ.*

**СОВДЕП** зат. тар. совет. *Жұмысшы шаруа және солдат депутаттарының советі деген сөздің орысша қысқарған түрі.*

**СОВЕРЕН** [ағыл. sovereign] зат. экон. *Ағылшынның 22 караттық алтын шақасы.*

**СОВЕТ** зат. тар. **1.** *КСРО мемлекеті мен өкімет органы.* **2.** *Кеңес, коллегиялық орган.*

**Совет Армиясы.** әск. тар. совет. *Кеңес Одағының Қарулы күштері.* **Совет информбюросы.** тар. совет. *Кеңес ақпараттық бюросы (1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдары халыққа майдандағы жағдай туралы хабар жеткізіп, таратушы ақпараттық орган).* **Совет мемлекеті.** тар. *Социалистік революцияның женеуі және пролетариат диктатурасы орнауы нәтижесінде туған жұмысшылар мен шаруалардың дүниежүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеті.* **Совет Одағының Батыры.** *Ұлы Отан соғысындағы жеке адамның мемлекет алдындағы ерекше ерлік, батырлық істері үшін берілген жоғары атақ.* **Совет үкіметі орнады.** *тар. совет. Жұмысшы табы жеңіске жетіп, үкімет басына келді.* **Совет үкіметін орнату.** тар. сов. *Жұмысшы табы үкімет басына келетін басқару формасын жасау.*

**СОВЕТТЕН=** ет. тар. *Кеңестік жүйеге, қоғамдық құрылысқа көшу.*

**СОВЕТТЕНДІР=** ет. тар. *Кеңестік жүйеге көшірту.*

**СОВЕТТЕНДІРУ** тар. *Советтендір етістігінің қимыл атауы.*

**СОВЕТТЕНДІРУШІ** зат. тар. *Кеңес құрылысын қалыптастырушы, Кеңес өкіметін орнатушы.*

**СОВЕТТЕНДІРІЛ=** ет. тар. *Кеңестік жүйеге көшірілу.*

**СОВЕТТЕНДІРІЛУ** *Советтендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СОВЕТТЕНУ** тар. *Советтен етістігінің қимыл атауы.*

**СОВЕТТІК** сын. *Кеңес үкіметі құрылысына тән, кеңес өмір салтына қатысты.*

**СОВЕТШІЛ** сын. тар. *Кеңес өкіметіне шын берілген, Кеңес өкіметін жақтайтын.*

**СОВИНФОРМБЮРО** зат. тар. *Кеңес ақпарат бюросы.*

**СОВКАИН** зат. хим. *Суда, ас тұзының изотоникалық ерітіндісінде, спиртте еритін иіссіз және дәмсіз ақ ұнтақ зат.*

**СОВНАРКОМ** зат. тар. *Халық Комиссарлары Кеңесі.*

**СОВОЛ** зат. хим. *Хлорланған дифенил негізінде алынатын пластификатор.*

**СОВХОЗ** зат. тар. *Озат техникамен жабдықталған, өндірістік құрал-жабдықтары мен өндірілген өнім мемлекеттік меншік болып табылатын кеңестік шаруашылық кәсіпорын.*

**СОҒАН** зат. жерг. *Далалы жерде өсетін өсімдік.*

**СОҒА-МОҒА** үст. сөйл. *Бір-бірімен қағысып, соқтығысып.*

**СОҒДА: соғда сасықкекіресі.** өс. *Айлауық тұқымдасына жататын бүтін жиекті сағақсыз жапырағы кезектесіп орналасқан көпжылдық шөптесін өсімдіктің бір түрі.*

**СОҒДЫЛЫҚТАР** зат. тар. *Қазіргі Тәжікстан мен Өзбекстан Республикаларының аймағындағы Зеравшан мен Қашқадария өзендерінің алабын мекен еткен халық.*

**СОҒУ** *Соқ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біреуді-біреу таяққа жығып, ұрғылау, қол жұмсау.* **2.** *Металдан әртүрлі бұйым, құралдар жасау.* **3.** *Жүрек, тамыр сөздерімен тіркесіп келіп, жұмыс істеу, қозғалу деген мағына береді.* **4.** *Бір жерге бару, аялдау.* **5.** *Үй, үлкен ғимарат т.б. құрылыстар тұрғызу.*

**СОҒУШЫ** зат. *Металдан түрлі бұйым дайындаушы.*

**СОҒУ-СОҚПАУ** ет. *Бару-бармау, келу-келмеу.*

**СОҒҰРЛЫМ** шыл. сөйл. ***Солғұрлым.***

**СОҒЫЛ=** ет. **1.** *Таяққа жығылу, қол жұмсау.* **2.** *Ұрылу, ұрыну.* **3.** *Металдан әртүрлі бұйымдар мен құралдар жасалу.* **4.** *Үй, құрылыс т.б. тұрғызылу, салыну.* **5.** ауыс. *Қалжырау, діңкелеу, шаршау.*

**СОҒЫЛҒАН** зат. сөйл. *Оңбаған, Құдай ұрған, ант атқан.*

**СОҒЫЛУ** *Соғыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таяққа жығылу.* **2.** *Ұрылу, қағылу.* **3.** *Орнау, тұрғызылу, құралу.*

**СОҒЫЛЫС=** ет. *Ұрылу, қақтығысу.*

**СОҒЫЛЫСУ** *Соғылыс етістігінің қимыл атауы.*

**СОҒЫМ** зат. этн. *Дәстүрлі қазақ тұрмысында қыс мезгілінде азық-түлік жағын ертерек етпен қамтамасыз ету үшін қыста сойылуға арналған, бағып-күтілген, негізінен ірі қара немесе уақ семіз мал.*

**Соғымға жықты.** *Сойды, соғым етті.* **Соғымның омыртқасымен ашаршылықтың бел омыртқасын үзейік.** тілек. этн. *Омыртқаға шақыру.* **Соғым сойды.** этн. *Қыс басталарда ірі қара, көбіне жылқы малын азық үшін сойып алды.* **Соғым терісі.** *Жүндес, қыртысы қалың мықты терілер.* **Соғым шүйгін болсын**! этн. тілек. *Сойған малының еті майлы, дәмді болсын деген мағынада.*

**СОҒЫМБАСЫ** зат. этн. *Соғым сойған үйдің көрші-қолаңдарын, жекжат-жұрағаттарын асқа шақыру салты.*

**СОҒЫМДЫҚ** сын. этн. *Соғымға союға жарайтын (мал).*

**СОҒЫМҚУЫРДАҚ** зат. тамақ. *Соғым сойған күні жұмыс істеушілерге арнап қуырылатын мол қуырдақ.*

**СОҒЫМСЫЗ** сын. *Соғым соймаған, соғымы жоқ.*

**СОҒЫМШЫ** зат. *Мал союшы (адам).*

**СОҒЫН=** ет. *Үсті-басын қағып, тазалану.*

**СОҒЫНДЫ** сын. жерг. *Оңбаған, Құдай ұрған.*

**СОҒЫНУ** *Соғын етістігінің қимыл атауы.*

**СОҒЫС** зат. әск. *Мемлекеттер және бір-біріне қайшы таптардың арасындағы қарулы күрес, ұрыс.*

**Соғыс ардагері.** ресми. *Соғысқа қатысқаны үшін мемлекет тарапынан берілетін атақ.* **Соғыс [ұрыс] ашты.** *Соғыс бастады, жариялады.* **Соғыс ашу.** *Соғыс жариялау, бастау.* **Соғыс ашушы.** *Соғыс бастаушы, жариялаушы (жақ).* **Соғыс дабылын қақтырды.** *Ұрысқа, соғысқа шығуға белгі бергізді, бәрін құлақтандырды.* **Соғыс дабыры.** *Соғыс кезіндегі атыс даусы, гүріл т.б.* **Соғыс [майдан] дауылы.** *Соғыстың салған лаңы.* **Соғыс жағдайы.** әск. *Елде немесе оның*

*жеке бөліктерінде мемлекеттік жоғары үкімет органдарының шешімімен төтенше кезеңде белгіленетін ерекше жағдай.* **Соғыс жариялау.** саяси. кіт. *Бір елдің екінші елге агрессиясының басталғанын, соғыс бастағанын ресми түрде хабарлауы.* **Соғыс жүргізу стратегиясы.** әск. *Соғысты жүргізуге, оның алдын алуға қарсы бағытталған әскери стратегия.* **Соғыс жүріп жатқан жерді оқшаулау.** әск. *Қарсыластың қару-жарақ, адам күштерін әкелетін жолдарын, көпірлерін талқандау.* **Соғыс комиссары.** тар. совет. *КСРО-дағы жергілікті әскери басқару органының өкілі.* **Соғыс комиссариаты.** тар. совет. *КСРО-дағы жергілікті әскери басқару органы.* **Соғыс қылды [салды].** *Соғысқа шықты, соғысты, бүлік шығарды.* **Соғыс қылмыскерлері.** әск. *Бейбітшілік пен адамзатқа қарсы қылмыс жасаушы адамдар.* **Соғыс нәтижесі.** әск. *Соғыс барысында қалыптасқан нақты әскери-саяси жағдай, қорытынды.* **Соғыс өнерінің теориясы.** әск. *Соғыс операциясына дайындалу және оны іске асырудың негізгі тәсілдерін зерттеп, тексеру.* **Соғыс өрті.** бейн. *Сұрапыл соғыс.* **Соғыс стратегиясы.** әск. *Соғыс тәжірибесін, әскери-саяси жағдайды, бір елдің экономикалық және моральдық күш-қуатын, ұрыстың жаңа амал-әдістерін, жаудың саяси көзқарасы мен мүмкіншіліктерін зерттеп тану; соғыста қарулы күштердің түрлерін нәтижелі пайдалану және басқару, оны материальдық-техникалық қамтамасыз ету негіздерін айқындау жөніндегі ғылым.* **Соғыс театры.** әск. а) *Соғыс жүргізуге немесе стратегиялық масштабта әскери қимылдар жасау үшін белгілі бір мемлекеттің (мемлекеттер одағының) қарулы күштері орналасқан құрлықтың, мұхиттың және әуе ғарыш кеңістігінің белгілі бір аумағы.* ә) *Соғысушы елдердің құрлықтағы, теңіздегі және әуе кеңістігіндегі аумағы және онымен шектесіп жатқан соғыс қимылдары жүргізіліп жатқан немесе жүргізілуі мүмкін ашық теңіздер мен әуе кеңістіктері.* **Соғысқа кірді.** *От майданға тікелей қатысты, ішінде болды.* **Соғысқа [ұрысқа] кіру.** *Майданға қатысу, ішінде болу, соғысу.* **Соғыстағы қимыл түрлері.** әск. *Соғысқа қатысушы қарулы күштердің жауынгерлік талапқа сай қимылдары: ұрыс, шайқас, операция, соққы т.б.* **Соғыстың бастапқы кезеңі.** әск. *Соғыс әрекеті басталған кезден бастап, елдің қарулы күштерінің бірінші стратегиялық эшелоны алдында тұрған жақын стратегиялық мақсатқа қол жеткізгенге дейін созылатын соғыстың шешуші кезеңі.* **Соғыс факторлары.** әск. *Соғысушы жақтардың материалдық, рухани мүмкіндіктерін жинақтау.* **Соғыс уақыты.** әск. *Мемлекеттің соғыс жағдайында болу кезеңі.*

**СОҒЫС**[1]= ет. *Ұрыс жүргізу, қарсы тұру.*

**Соғысып өту учаскесі.** әск. *Әскердің соғысып өтуі жүзеге асатын немесе байқалатын су мен оған жақын орналасқан жер өңірі.*

**СОҒЫС**[2]= ет. *Құрылыстар тұрғызысу, жасасу, салысу.*

**СОҒЫСҚҰМАР** сын. *Соғыс ашуға дайын тұратын, соғысты тілейтін.*

**СОҒЫСҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Соғыс тілейтіндік, соғысты жақтаушылық.*

**СОҒЫССЫЗ** үст. *Соғыс салмай, соғыс ашпай.*

**СОҒЫСТЫҚ** сын. *Соғысқа тән, соғысқа қатысты.*

**СОҒЫСТЫР**= ет. **1.** *Қажастыру, түйістіру.* **2.** *Қағыстырып, ішімдік ішісу.*

**СОҒЫСТЫРУ** *Соғыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төбелестіру, айтақтау.* **2.** *Түйістіру.* **3.** *Қағыстыру.*

**СОҒЫСТЫРЫЛ**= ет. *Қағыстырылу.*

**СОҒЫСТЫРЫЛУ** *Соғыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СОҒЫСУ** *Соғыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарсы тұру, тайталасу.* **2.** *Қарулы қақтығысқа бару, ұрыс жүргізу.*

**СОҒЫСУШЫ** зат. әск. *Соғысқа қатысушы, соғысқан ел (адам).*

**СОДА** зат. хим. *Көмірқышқылының нат-рий тұздарының және каустиктің жалпы техникалық атауы.*

**СОДАЛЫ** сын. *Сода қосылған, содасы бар.*

**СОДАН** есім. **1.** *Сол уақыттан, сол кезден деген сөздердің қысқарған түрі.* **2.** *Сол нәрседен, сол заттан деген сөздердің қысқарған түрі.*

**Содан барып.** *Сонан соң, артынша.*

**СОДЫР**[1] зат. саяси. жаңа. *Экстремизмді, содырлықты қолдаушы.*

**СОДЫР**[2] сын. *Сотқар, тентек, бұзақы, бейбас адам.*

**Содыр мінез-құлық**. психол. *Басқаларға моральдық немесе физикалық зиян көрсету мақсатымен жасалатын әрекет.*

**СОДЫРҒЫ** зат. зоол. <лат. prunellidae> *Торғай тектестер отрядының тұқымдасы.*

**СОДЫРЛАУ** сын. *Мінезі сотқарлау, бұзақылау.*

**СОДЫРЛЫ** сын. *Бейбастақтығы, бұзақылығы бар.*

**СОДЫРЛЫҚ** зат. *Содырға тән қылық; сотқарлық, бұзақылық.*

**СОДЫР-СОЙҚАН** сын. *Бұзақы, лаң салғыш, бүлікшіл. // Бұзақы, бүлікшіл адам.*

**СОДЫР-СОТҚАР** сын. *Бұзақы, тентек, төбелескіш.*

**СОЗ** зат. мед. <лат. gonorrhoea> *Жыныстық қатынас арқылы жұғатын жұқпалы ауру.*

**СОЗ**= ет. **1.** *Бір нәрсені тарту, ұзарту.* **2.** *Бір нәрсені ұсыну.* **3.** ауыс. *Жалғастыра түсу, сабақтастыру.* **4.** ауыс. *Бір істі уақытында бітірмеу, кешеуілдету.*

**Созып жіберді.** а) *Адам аяқ-қолын, мал төрт аяғын жан-жаққа жазып жатты.* ә) ауыс. *Бір істің орындалуын әртүрлі себептермен кешіктірді.*

**СОЗАҚТА**= ет. *Ұзаққа, көпке созылу, кешеуілдеу.*

**СОЗАҚТАТ**= ет. *Кешеуілдету, кешіктіру, көпке созу. // Асықпай, баппен, жайлап.*

**СОЗАҚТАТУ** *Созақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗАҚТАУ** *Созақта етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗАЛАҢ** сын. *Жай, баяу.*

**Созалаң тартты**. *Ұзаққа созылды, кешеуілдеді.*

**СОЗАЛАҢДА**= ет. *Жай, баяу қозғалу.*

**СОЗАЛАҢДАТ**= ет. *Соза түсу, көбейту.*

**СОЗАЛАҢДАТУ** *Созалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗАЛАҢДАУ**[1] сын. *Сылбырлау, шұбалаңқылау. // Асықпай, жаймен.*

**СОЗАЛАҢДАУ**[2] *Созалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗАЛАҢДЫҚ** зат. *Шұбалаңқылық, сылбырлық.*

**СОЗАЛАҢҚЫ** сын. **1.** *Баяу, сылбыр, марғау.* **2.** *Ұзаққа созылған, кешеуілдеген.*

**СОЗАЛАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Шұбалаңқылық, баяулық, сылбырлық.*

**СОЗАҢ**[1] зат. жерг. *Түйенің ауытын тігетін, ағаштан немесе темірден жасалған үлкен тебен ине.*

**СОЗАҢ**[2] зат. өс. *Шеберлер терінің иіне, бояуына қосатын шөп.*

**СОЗАҢДЫ** сын. *Созаңы көп, созаң өскен.*

**СОЗБА** зат. жерг. *Түйе жүнін салып тіккен төсеніш.*

**СОЗБАЙ**: **созбайға салды**. *Ұзаққа кешеуілдетті, кешіктірді.*

**СОЗБАЙЛА**= ет. *Созғылау, тартқылау.*

**СОЗБАЙЛАУ** *Созбайла етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗБАҚ**: **созбаққа салды**. *Бір нәрсені ұзаққа созды, кешеуілдетті.*

**СОЗБАҚТА**= ет. *Бір нәрсені кешеуілдетіп, ұзаққа созу.*

**СОЗБАҚТАЛ**= ет. *Көпке, ұзаққа созылу, жалғаса беру.*

**СОЗБАҚТАЛУ** *Созбақтал етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗБАҚТАУ** *Созбақта етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗБАЛА**= ет. **1.** *Бір нәрсені созғылау, тартқылау.* **2.** ауыс. *Ұзаққа созыңқырау, ұзарту, кешеуілдету.*

**СОЗБАЛАҚ**: **созбалаққа салды**. сөйл. ***Созбаққа салды.***

**СОЗБАЛАҚТА**= ет. *Созбаққа салу, кешеуілдету.*

**СОЗБАЛАҢ**: **созбалаңға келмейді.** *Соза беруге, кешіктіруге болмайды.* **Созбалаңға салды.** сөйл. ***Созбаққа салды.***

**СОЗБАЛАТ**= ет. *Ұзаққа созу, кешеуілдету.*

**СОЗБАЛАТУ** *Созбалат етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗБАЛАУ** *Созбала етістігінің қимыл атауы.*

**Созбалауға салды.** *Әбден кешіктірді, ұзаққа созды.*

**СОЗҒАЛАҚТАУ** зат. спорт. *Зілтемірді жұлқа немесе кеудеден серпи көтеру кезіндегі техникалық қате.*

**СОЗҒЫЗ**: **қол созғызды.** *Жәрдем сұратты, тілендірді.*

**СОЗҒЫЗУ** *Созғыз етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗҒЫЛА**= ет. **1.** *Қайта-қайта созу, соза түсу.* **2.** *Тартқылау, жұлқылау.*

**СОЗҒЫЛАУ** *Созғыла етістігінің қимыл атауы; тартқылау, кергілеу.*

**СОЗҒЫШТА**= ет. *Қайта-қайта созу, соза беру.*

**СОЗҒЫШТАУ** *Созғышта етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗДЫР**= ет. **1.** *Жалғастыру, сабақтастыру.* **2.** *Уақытын ұзарту.*

**СОЗДЫРУ** *Создыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗУ** *Соз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені ұстап, бір бағытқа тарту.* **2.** ауыс. *Бір істі кешеуілдету.*

**СОЗУЛЫ** сын. *Созылған, керілген.*

**СОЗЫЛ**= ет. **1.** *Тартылу, ұзару.* **2.** *Керілу, жайылу.* **3.** ауыс. *Жалғасу, сабақтасу.*

**СОЗЫЛҒЫШ** сын. *Созылуға бейім, созылымды.*

**СОЗЫЛҒЫШТЫҚ** зат. *Созылатын қасиеті болушылық, созылымдылық.*

**СОЗЫЛМА** сын. *Ұзаққа созылатын, көпке баратын.*

**СОЗЫЛМАЛЫ** сын. **1.** *Созылғыш, созылуға бейім.* **2.** ауыс. *Ұзаққа созылған, созылыңқы.* **3.** ауыс. *Сазды, назды.*

**Созылмалы ауру.** мед. <лат. chronikos>. *Жазылуы ұзаққа созылатын ескі ауру.* **Созылмалы гастрит.** мед. *Аурудың жедел түрінің емделмеудің, тамақтану тәртібінің ұзақ бұзылуының салдарынан пайда болатын асқазан кілегей қабығының қабынуы.* **Созылмалы конъюнктивит.** мед. *Көздің дәнекер қабығының ұзақ та баяу түрде қабынып ауруы.* **Созылмалы пневмония.** мед. *Асқынған пневмониядан кейін өкпе тканінің құрылымы мен функциясының толық қалпына келмеуінен, сондай-ақ созылмалы бронхиттің салдарынан болатын ауру.*

**СОЗЫЛМАЛЫҚ** зат. *Созылуға бейімділік, созылғыштық.*

**СОЗЫЛТ**= ет. **1.** *Ұзарту, шұбалту.* **2.** ауыс. *Нақышына келтіру, созу.*

**СОЗЫЛТУ** *Созылт етістігінің қимыл атауы.*

**СОЗЫЛУ** *Созыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Керілу, жайлану.* **2.** ауыс. *Ұзаққа жалғасу, көпке дейін бітпеу.*

**Созылу сызығы.** геол. *Таужынысқа тән қойнауқат (қабат, желі) жабынының немесе табанының, не жыртылу жазықтығының көлбеу жазықтықпен қиылысу сызығы.*

**СОЗЫЛУЛЫ** сын. *Созылған, керілген.*

**СОЗЫЛЫМ** зат. кен. *Тау-кен түсбағдарының көмегімен меридиан сызығына салыстырмалы түрде анықталатын таужыныс қабатының (қойнауқат, желі немесе жыртылу жазықтығының және т.б.) көлбеу кеңістіктегі созылу не сағалану бағыты.*

**СОЗЫЛЫМДЫ** сын. *Созылуы жақсы, созылғыш.*

**СОЗЫЛЫМДЫЛЫҚ** зат. *Созылуға бейімділік, созылушылық.*
**СОЗЫЛЫҢҚЫ** сын. **1.** *Созылған, керіліңкі.* **2.** ауыс. *Шұбалаң, ұзағырақ.*
**СОЗЫЛЫҢҚЫЛЫҚ** зат. *Созуға, ұзартуға болатындық.*
**СОЗЫЛЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Көсіліңкіреу, созыла түсу.* **2.** ауыс. *Ұзарыңқырау, кешеуілдеңкіреу.*
**СОЗЫМДЫ** сын. **1.** *Жақсы созылатын, созылғыш.* **2.** ауыс. *Буынға жіктеп, соза түсуге ыңғайлы.* **3.** ауыс. *Сазды, назды.* **4.** ауыс. *Ұзақ, көлемді.* **5.** ауыс. *Мінезі жұмсақ, биязы.*
**СОЗЫМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Созылымды болушылық, созылғыштық.* **2.** ауыс. *Саздылық, наздылық.*
**СОЗЫМТАЛ** сын. **1.** *Созылғыш, керілгіш.* **2.** ауыс. *Сазды, назды.*
**СОЗЫМТАЛДЫҚ** зат. *Созымтал болушылық, созылғыштық.*
**СОЗЫНДЫ** зат. *Бір нәрсенің ұзартылған жалғасы.*
**СОЗЫҢҚЫ** сын. **1.** *Созылыңқы, керіліңкі.* **2.** *Қысыңқы, сығырайған.* **3.** ауыс. *Сазды, назды.*
**СОЗЫҢҚЫЛАУ** сын. *Сәл созыңқы, ұзыншалау.*
**СОЗЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Жайлап соза түсу, ілгері ұсыну.* **2.** *Керіңкіреу.* **3.** ауыс. *Кешеуілдетіңкіреу, ұзатыңқырау.*
**СОЗЫҢҚЫРАУ** *Созыңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙ** зат. көне. *Арғы заты, тегі, сүйегі.*
**СОЙ=** ет. **1.** *Бауыздалған малдың не басқа жан-жануарлардың терісін сыпырып, жіліктеп бөлу.* **2.** этн. *Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қонаққа, құдайы қонаққа арнап мал сою, қошемет, құрмет көрсету.* **3.** ауыс. *Қатты тіліп түсу, кесіп кету, қанын судай ағызу.* **4.** ауыс. *Ұру, соғу, сабау.* **5.** ауыс. *Жамандау, қатты сөздер айту.*
**Сойып қаптап қойғандай [қаптағандай].** *Дәл өзі, айнымаған, аузынан түскендей; аумай қалған.*
**СОЙҒЫЗ=** ет. *Қонаққа, құдайы қонаққа, асқа, жиын-тойға арнап малды бауыздату, сойдыру.*
**СОЙҒЫЗУ** *Сойғыз етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҒЫЛА=** ет. *Жырым-жырым ету, тілгілеу.*
**СОЙҒЫЛАУ** *Сойғыла етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҒЫШ** сын. *Мал союға дайын тұратын, қонақжай, қолы ашық.*
**СОЙҒЫШТЫҚ** зат. *Мал союға ептілік.*
**СОЙДАҚ** сын. *Ерекше сойдиып тұрған, шаншылған.*
**Сойдақ тіс.** *Сойдиған ұзын тіс.*
**СОЙДАҚ-СОЙДАҚ** сын. *Айқыш-ұйқыш.* **2.** *Сойдиған-сойдиған.*
**СОЙДАҚТА=** ет. *Айқыш-ұйқыш ету, сойдақ-сойдақ болу.*
**СОЙДАҚТАН=** ет. *Айқыш-ұйқыш болып, сойдию.*
**СОЙДАҚТАНУ** *Сойдақтан етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДАҚТАТ=** ет. *Айқыш-ұйқыш етіп жазу.*
**СОЙДАҚТАТУ** *Сойдақтат етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДАҚТАУ**[1] сын. *Сойдиған, ірілеу, ұзындау.*
**СОЙДАҚТАУ**[2] *Сойдақта етістігінің қимыл атауы.*
**СОДАНА** зат. өс. *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*
**СОЙДАҢДА=** ет. *Сойдаң-сойдаң ету, көстеңдеу.*
**СОЙДАҢДАТ=** ет. *Ырситу, сойдиту.*
**СОЙДАҢДАТУ** *Сойдаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДАҢДАУ** *Сойдаңда етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДАҢ-СОЙДАҢ** үст. *Көстең-көстең.*
**СОЙДАУЫЛ** сын. *Үлкен, ірі.*
**СОЙДАУЫЛДАЙ** сын. *Зіңгіттей, еңгезердей.*
**СОЙДАУЫТ** сын. сөйл. ***Сойдауыл.***
**СОЙДАУЫТТАЙ** сын. сөйл. ***Сойдауылдай.***
**СОЙДИ=** ет. **1.** *Сораю, состию.* **2.** *Сидию, ырсию.*
**СОЙДИТ=** ет. **1.** *Ірі етіп сойдақтату.* **2.** *Ырситу, сидиту.*
**СОЙДИТУ** *Сойдит етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДИЫП-СОЙДИЫП** үст. *Сорайып - состиып.*
**СОЙДИЮ** *Сойди етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДЫР=** ет. *Малды азық үшін немесе келген қонақтың құрметіне сойғызу, алқымының астынан пышақпен ордыру, кестіру.*
**СОЙДЫРТ=** ет. *Малды баузыдату, сойғыздыру, жан-жануардың терісін сыпыртып, жіліктетіп бөлдірту.*
**СОЙДЫРТУ** *Сойдырт етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙДЫРУ** *Сойдыр етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАҚТА=** ет. *Айқыш-ұйқышталу, шимайлану.*
**СОЙҚАҚТАТ=** ет. *Қалай болса, солай, кес-кестеп, сойтаңдату.*
**СОЙҚАҚТАТУ** *Сойқақтат етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАҚТАУ** *Сойқақта етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАН** зат. **1.** *Бүлік, лаң, ойран.* **2.** *Лаң салғыш адам, бұзық, тентек.*
**Сойқан заман.** *Ел бүлінген, аласапыран шақ.*
**Сойқан салды [жасады, шығарды]**. *Ойрандады, бүлік салды, лаңдады.*
**СОЙҚАНДА=** ет. *Лаң салу, бүлік шығару.*
**СОЙҚАНДАЛ=** ет. *Сойқан салыну, лаң шығарылу.*
**СОЙҚАНДАЛУ** *Сойқандал етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАНДАС=** ет. *Дау-жанжал шығарысу.*
**СОЙҚАНДАСУ** *Сойқандас етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАНДАУ** *Сойқанда етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙҚАНДЫ** сын. *Сойқаны мол, бүлік салғыш, лаңды. // Лаң салғыш, бүлік шығарғыш адам.*
**Сойқанды мінез.** *Тынымсыз, ұр да жық, шайпау мінез.*
**СОЙҚАНДЫҚ** зат. *Лаң салушылық, бүлікшілдік.*
**Сойқандық жасады.** *Сойқан салды, бүлік шығарды.*
**СОЙҚАНШЫ** зат. *Елдің шырқын кетіруге бейім тұратын басбұзар, бүлік салғыш, лаңдаушы.*
**СОЙҚАНШЫЛ** сын. *Бүлік салуға әуес, лаңшыл.*
**СОЙҚАНШЫЛДЫҚ** зат. *Лаңкестік, бүлікшілдік.*
**СОЙҚЫ** сын. сөйл. *Тұрпайы, дөрекі.*
**СОЙЛАС** сын. *Тектес, негіздес.*
**СОЙЛЫ** сын. көне. *Текті, сүйекті.*
**СОЙТАЛДАЙ** сын. *Еңгезердей, алпамсадай, жауырыны қақпақтай.*
**Сойталдай жігіт.** *Зіңгіттей, дардай, ержеткен азамат.*
**СОЙТАЛДАЙ-СОЙТАЛДАЙ** сын. *Еңгезердей-еңгезердей.*
**СОЙЫЛ** зат. этн. *Қолға ұстауға ыңғайлап жонған, қару ретінде пайдаланылатын мықты, ұзындығы 2-2,5 м, диаметрі 6-7 см қатты ағаш.*
**Сойылға [соққыға, таяққа] жықты.** *Ұрып құлатты, жығып кетті, жаралады.* **Сойылын соқты.** *Сөзін сөйледі, қолпаштады, намысын жыртты, болысты.*
**СОЙЫЛ=** ет. **1.** *Малдың азық үшін не қонаққа арналып бауыздалуы.* **2.** ауыс. *Тіліну, кесілу.*
**СОЙЫЛГЕР** зат. этн. *Сойылмен ұруды меңгерген, машықтанған сойылшы, жауынгер.*
**СОЙЫЛДА=** ет. *Сойылмен соғу, сойылмен ұру.*
**СОЙЫЛДАЙ** сын. **1.** *Сойыл сияқты, сойыл тәрізді.* **2.** ауыс. *Еңгезердей, ірі.* **3.** ауыс. *Ұзын, ебедейсіз.*
**СОЙЫЛДАП-СОЙЫЛДА=** ет. *Дүркін-дүркін сойылмен ұру.*
**СОЙЫЛДАС=** ет. *Соғысу, төбелесу, жанжалдасу, сойыл салысу.*
**СОЙЫЛДАСУ** *Сойылдас етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙЫЛДАТ=** ет. *Сойылды пайдалану, сойылмен ұрдыру.*
**СОЙЫЛДАТУ** *Сойылдат етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙЫЛДАУ** *Сойылда етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙЫЛДЫ** сын. *Сойыл ұстаған, сойылы бар.*
**СОЙЫЛДЫҚ** сын. *Сойыл жасауға жарайтын, сойыл боларлық.*
**СОЙЫЛСАЛЫМ** зат. этн. *Сойыл жететіндей жақын жерді білдіретін халықтық өлшем.*
**СОЙЫЛСОҒАР** сын. **1.** *Сойыл ұстауға жарайтын.* **2.** ауыс. *Біреудің шашбауын көтеруші, сөзін сөйлеуші; ұр да жық.*
**СОЙЫЛУ** *Сойыл етістігінің қимыл атауы.*
**СОЙЫЛША** зат. *Кішірек сойыл.*
**СОЙЫЛ-ШОҚПАР** зат. этн. *Қатты ағаштан жасалған қару-жарақ.*
**СОЙЫЛШЫ** зат. **1.** *Сойыл соғатын, сойыл ұратын адам.* **2.** ауыс. *Қостаушы, жақтасатын, сөзін сөйлейтін адам.*
**СОЙЫЛШЫЛ** сын. *Қолына түскенін кісіге ала жүгіретін, әпербақан, ұр да жық.*
**СОЙЫМ** зат. *Күнделікті ішіп-жемге сойылатын семіз мал, сойыс.*
**СОЙЫМДЫҚ** сын. *Союға жарайтын (мал).*
**СОЙЫМПАЗ** сын. *Мал союға епті, мал сою шебері.*
**СОЙЫС** зат. *Союға жарайтын мал, сойым.*
**Сойыс көбейсін**. *Мал сойылып жатқанда айтылатын игі тілек.* **Сойыс қылды.** *Сойды, бауыздады.*
**СОЙЫС=** ет. *Мал бауыздасу, көмектесу.*
**СОЙЫСТЫҚ** сын. *Союға жарайтын, союға керекті, союға арналған.*
**СОЙЫСУ** *Сойыс етістігінің қимыл атауы.*
**СОККЕР** [ағыл. soccer] зат. спорт. *Футболдың ұлттық түрлерін: американдық, канадалық, австралиялық және т.б. дамыған елдерде кең тараған еуропа футболының атауы.*
**СОҚ=** ет. **1.** *Ұру, періп жіберу (адамды).* **2.** *Аттың сауырына қамшы басу.* **3.** *Тықылдату, тарсылдату, қағу.* **4.** *Бір жерге жол-жөнекей бару, аялдау, кідіру.* **5.** *Металдан әртүрлі бұйым, құралдар жасау.* **6.** *Үлкен ғимарат, үй т.б. құрылыстар тұрғызу, салу.* **7.** *Жүрек, тамыр сөздерімен тіркесіп келіп, жұмыс істеу, қозғалу деген мағына береді.* **8.** *Жел, дауыл, боран, құйын сөздерімен тіркесіп келіп, ұйтқу, ұрлеу, гуілдеу деген мағына береді.* **9.** *Ток, найзағай сөздерімен тіркесіп келіп өлтіру, зақымдау мағынасын береді.* **10.** *Қоңырау, дабыл сөздерімен тіркесіп келіп, қағу, ұру мағынасын білдіреді.* **11.** *Ат, мәшине сияқты сөздермен тіркесіп келіп шаршау, қалжырау, болдыру мағынасын білдіреді.* **12.** *Әкеліп, апарып, келіп т.б. сөздермен тіркесіп келіп, тірелу, әкелу мағынасын білдіреді.* **13.** ауыс. *Тамақты ашқарақтана жеу, қомағайлана асау.* **14.** ауыс. *Әңгіме айту, зуылдату; көйіту.* **15.** ауыс. *Көңіл қалдыру, ренжіту.*
**СОҚ-СОҚ** зат. жерг. *Киізді толық шиге салып, теуіп болған соң білектеу.*
**СОҚА** зат. көне. **1.** *Жер жырту үшін қолданылатын ауылшаруашылық құралы.* **2.** жерг. *Қада, ағаш, қазық.*
**СОҚА: соқа басы**. *Ешкімі жоқ, жалғыз қара басы.*
**Соқа бас.** сөйл. *Үйленбеген, салт басты.*
**СОҚАЛА=** ет. **1.** *Соқамен жер жырту, жер айдау.* **2.** ауыс. *Жұқалау, ақырындау.*
**СОҚАЛАУ** *Соқала етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚАЛЫ** сын. *Соқа тіркелген, соқасы бар.*

**Соқалы орқазғыш.** әск. *Жергілікті фортификациямен жабдықтау және жерасты байланыс желісін және т.б. салу кезінде ор қазуға арналған тіркемелі мәшине.*

**СОҚА-САЙМАН** зат. *Соқасы мен сайманы.*

**СОҚАША** үст. *Соқа сияқты, соқаға ұқсап.*

**Соқаша сүйек**. анат. <лат. vomer> *Бас сүйек бет бөлімінің ұзынша келген, пішіні жебе тәрізді, сынаша сүйекті мұрын қуысы түбіндегі қырмен жалғастырып, мұрын қуысының шыға-беріс тесігін тең екіге бөлетін жұқа сүйегі.*

**СОҚАШЫ** зат. *Соқа айдаушы, соқа жүргізуші.*

**СОҚИ=** ет. *Сопаю, состию.*

**СОҚИЮ** *Соқи етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚҚАН** зат. **1.** *Есі ауысқан, жынды, әумесер.* **2.** *Құдай ұрған, ант атқан, оңбаған.*

**СОҚҚЫ**[2] зат. **1.** *Шоқпар, темір, ағаш сияқты сілтенген нәрселердің екпіні, ұрысы.* **2.** ауыс. *Жаудың бетін қайтаратын шабуыл, тойтарыс.* **3.** әск. *Ракеталық, құрлықтағы, әскери-әуе күштерінде, әскери-теңіз флоты әскерлерінде операция мен соғыс жағдайында қолданылатын оперативтік ұрыс түрі.*

**Соққы берді.** *Жаудың бетін қайтарды, тойтарыс берді; бас көтерместей етті.* **Соққы беру.** *Ұрып-соғу, жазалау.* **Соққыға жығылды.** *Таяқ жеді, ұрылды.* **Соққыға жықты**. *Өлімші қылды, ұрды.* **Соққы жеді.** *Зорлық, зомбылық көрді, беті қайтты.* **Соққы тиді.** а) *Ұрылды, сабалды.* ә) *Ауыр жағдайға тап болды, ұшырады.* **Соққы толқыны.** әск. *Атом бомбасының жарылыс қуатының тең жартысы жұмсалатын ең күшті зақымдаушы фактор.*

**СОҚҚЫ**[1] зат. жерг. кәс. *Егін бастыратын, тастан жасалған құрал.*

**СОҚҚЫЗ=** ет. **1.** *Ұрғызу, сабату.* **2.** *Металдан әртүрлі бұйым жасаттыру.*

**СОҚҚЫЗУ** *Соққыз етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚҚЫЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта ұру, соғу, ұрғылау.* **2.** *Үсті-үстіне тарсылдатып қағу.* **3.** ауыс. *Үсті-үстіне шабуыл жасау; үсті-үстіне соққы беру.*

**СОҚҚЫЛАН=** ет. *Шабуыл жасалыну.*

**СОҚҚЫЛАНУ** *Соққылан етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚҚЫЛАС=** ет. **1**. *Соғылысу.* **2.** ауыс. *Шабуылдасу, соққы берісу.*

**СОҚҚЫЛАСУ** *Соққылас етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚҚЫЛАТ=** ет. *Ұрдыру, соқтыру.*

**СОҚҚЫЛАТУ** *Соққылат етістігінң қимыл атауы.*

**СОҚҚЫЛАУ** *Соққыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұрғылау, соғу.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне шабуыл жасау, шабуылдату.*

**СОҚҚЫЛЫ: соққылы ауа толқыны.** әск. *Ядролық жарылыстың аса қуатты зақымдаушы факторы.*

**СОҚҚЫН** зат. жерг. *Боран, дауыл.*

**СОҚҚЫШ: соққыш тоқпақ.** геол. *Ұңғымаларды соққылау тәсілімен бұрғылаған кезде қолданылатын құрал.*

**СОҚҚЫШТА=** ет. *Қайта-қайта ұрғыштау, пергілеу.*

**СОҚҚЫШТАУ** *Соққышта етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚПА**[1] зат. *Аурудың оқта-текте қатты ауырып кететін кезі; ұстама.*

**Соқпа дерт**. *Кездейсоқ қайғы, күйік.* **Соқпа күй.** *Домбыра ішегін соғып тартылатын күй.* **Соқпа өркеш.** түйешар. *Ұзын, бір жағына қарай жығыла біткен өркеш.* **Соқпа толқын.** *Жай, баяу, ақырын толқын.*

**СОҚПА**[2] зат. жерг. *Сиырдың тезегі.*

**СОҚПА**[3] сын. *Қолдан соғылған (үй, там, пеш т.б.).*

**СОҚПАҚ** зат. **1.** *Мал, адам жүріп, әбден тапталған жалғызаяқ жол.* **2.** ауыс. *Бағыт, бағдар.* **3.** ауыс. *Өмірдің, тағдырдың қиын жолы.* **4.** ауыс. *Кішкентай, көрінбейтін, бірақ керек нәрсе деген мағынада.*

**Соқпақ жол**. *Жалғызаяқ сүрлеу.* **Соқпақ салды**. *Бір іске бастама болды, қадам жасады.*

**СОҚПАҚСЫЗ** сын. **1.** *Соқпағы жоқ, жолсыз.* **2.** ауыс. *Тың, ешқандай бағыт-бағдарсыз, қиын, тар.*

**СОҚПАҚТЫ** сын. *Соқпақ салынған, соқпағы бар.*

**СОҚПАҚШЫЛ** сын. *Соқпақпен жүргіш, соқпаққа құмар.*

**СОҚПАЛЫ** сын. ауыс. **1.** *Ұрып, соғып ойналатын (аспап).* **2.** *Анда-санда ұстап қалатын ұстамалы (ауру).*

**СОҚТА** зат. мед. *Сыздауықтың, шиқанның ортасындағы өзегі, өлі ет.*

**Соқта қар [күртік]**. *Жаңа жауған ылғал қар.* **Соқтасы қатты** этн. саят. *Қырағы құстың тұяқ сүйелі бекіді, қатайды.* **Соқтасын суытты.** *Көңілін қалдырды, ренжітті.* **Соқтасы суыды**. жерг. *Көңілі қалды, ренжіді.*

**СОҚТАДАЙ** сын. сөйл. ***Соқталдай.***

**СОҚТАЛ**[1] зат. сөйл. *Үлкен, дәу, сойталдай адам.*

**СОҚТАЛ**[2] зат. *Шөп-шаламға илеген былжыр, балшық.*

**СОҚТАЛА=** ет. *Жұмбаздау, илеу, шылау.*

**СОҚТАЛАН=** ет. *Илену, шылану.*

**СОҚТАЛАНУ** *Соқталан етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТАЛАҢ** зат. *Қиыншылық, зобалаң.*

**СОҚТАЛАУ** *Соқтала етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТАЛДАЙ** сын. *Зор денелі, еңгезердей, үлкен, дәу; сойталдай.*

**СОҚТАЛЫ** сын. **1.** *Жұмбаздалған, иленген, тығыздалған.* **2.** *Үлкен, жуан, жұмыр.* **3.** *Кесек, сом, ірі.*

**СОҚТАН** зат. ауылшар. *Төрт жасқа шығар еркек пішпе түйе.*

**СОҚТАНДАЙ** сын. сөйл. ***Соқталдай.***

**СОҚТАУЫЛДАЙ** сын. *Сойталдай, дардай, үлкен.*

**Соқтауылдай жігіт.** *Зор денелі, еңгезердей, мықты, қарулы жігіт.*

**СОҚТЫҒУ** *Соқтық етістігінің қимыл атауы; тиісу, ұрыну.*

**СОҚТЫҒЫС** зат. **1.** *Қақтығыс, шайқас, қарулы күрес.* **2.** *Пікір қайшылығы, қарсылығы.*

**СОҚТЫҒЫС=** ет. *Қақтығысу, соғылысу.*

**СОҚТЫҒЫСТЫР=** ет. *Қақтығыстыру, сөзбен ілiністіру, ұрыстыру, қарсы қою.*

**СОҚТЫҒЫСТЫРУ** *Соқтығыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТЫҒЫСУ** *Соқтығыс етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТЫҚ=** ет. **1.** *Бір нәрсеге соғылысу, қақтығысу.* **2.** ауыс. *Өз-өзінен ұрыну, тиісу, ілінісу.* **3.** ауыс. *Араласу; бір-біріне кедергі жасау.*

**СОҚТЫҚҚЫШ** сын. *Әр нәрсеге соқтығатын, жанжалқой.*

**СОҚТЫҚПА** сын. *Әр нәрсеге тиіскіш, ұрыншақ.*

**СОҚТЫҚПАЛЫ** сын. **1.** *Соқтыққыш, ұрынғыш.* **2.** ауыс. *Қиын-қыстау, азабы мол; кедергісі көп.*

**СОҚТЫҚТЫР=** ет. *Жанжалдастыру, әр нәрсеге ұрындыру, соғылыстыру.*

**СОҚТЫҚТЫРУ** *Соқтықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТЫР=** ет. **1.** *Металдан бұйым, құралдар жасаттыру.* **2.** ауыс. *Телефонмен сөйлестіру, хабарластыру.* **3.** *Әкел, кел т.б. сөздермен тіркесіп келіп, тірелу, әкелу мағынасын білдіреді.* **4.** *Үй, құрылыс салдыру, жасату.*

**СОҚТЫРТ=** ет. **1.** *Әңгімені қосып айту, көйіттіру.* **2.** *Жел, боран т.б. сөздермен тіркесіп келіп ұйытқыту, гуілдету деген мағынаны білдіреді.*

**СОҚТЫРТУ** *Соқтырт етістігінің қимыл атауы.*

**СОҚТЫРУ** *Соқтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрылыс салдыру, жасату.* **2.** ауыс. *Ұшырату, тап болдыру (жағымсыз).*

**СОҚЫР** сын. **1.** *Көру қабілетінен айырылған, жанары жоқ.* **2.** ауыс. *Білігі жоқ, парасатсыз.* **3.** ауыс. *Білімсіз, надан, топас.*

**Соқыр аңғар.** сушар. *Өзге аңғарға немесе су қабылдау алабына шықпайтын (жетпейтін) сағасы жоқ аңғар.* **Соқыр атырау.** сушар. *Ауа райы қуаң шөл және шөлейт аудандардағы өзендердің теңізге, көлге немесе басқа өзенге жетпей суалып жоғалуы.* **Соқырға таяқ ұстатқандай**. *Айдан анық, айқын; өте ұғымды.* **Соқыр дақ.** анат. *Көз алмасының ішкі торлы қабығының артқы жағындағы көру жүйкесі шығатын аймақ.* **Соқырдың тілегені – екі көзі**. *Әркімнің көксегені өз мұқтажы деген мағынада.* **Соқыр жармақ.** поэт. *Соқыр тиын.* **Соқыр жол [соқпақ].** *Қайда барары, тірелер жері белгісіз сүрлеу.* **Соқыр кеуде**. *Оқымаған, қараңғы адам.* **Соқыр көргенінен жазбас**. *Ұстағанынан айырылмайды деген мағынада (қыңыр, топас адамдарға айтылады).* **Соқыр құдық.** *Ескі құдық.* **Соқыр наным**. *Қараңғы дүниетаным, фа-натизм.* **Соқыр нүкте.** анат. *Жарыққа сезімтал емес торлы қабықтағы кішкене дақ, бұл көз алмасынан шығатын жүйке талшықтарының көру жүйкесін түзетін нүктесі.* **Соқыр сезім**. а) *Ақыл таразасына түспеген, ақыл билігінен шығып кеткен көңіл күй.* ә) *Белгілі бір ғылыми дәлелге сүйенбеген наным.* б) *Санасыз, қараңғылық; жоққа сену, иланушылық.* Соқыр сезім. бейн. *Ақыл таразасына түспеген, негізі жоқ наным.* **Соқыр соқпақ.** жерг. *Көмескі жіңішке жол.* **Соқыр тауыққа бәрі бірдей [бидай, тары]**. *Білмегенге бәрі бірдей; білмегенге ақ-қарасы бәрібір деген мағынада.* **Соқыр тиын бермеді.** *Түк бермеді, ештеңе татырмады.* **Соқыр тиынға керегі жоқ [тұрмайды].** *Түкке жарамайды, татымы, құны жоқ.* **Соқыр тиын сұрамады.** *Ештеңе сұрамады, ештеңе талап етпеді.* **Соқыр тұман**. *Көзге түртсе, көрінбейтін қалың тұман.* **Соқыр шам.** *Сыртында шишасы жоқ, білтемен ғана жанып тұрған шам.*

**СОҚЫРАЙ=** ет. **1.** *Соқырлану, көзді тер басу.* **2.** жерг. *Бір көзінен айырылып қалу.*

**СОҚЫРАҚ** зат. зоол. *Албар тұқымдас балықтардың Мексикадағы жерасты суларда таралған ерекше түрі.*

**СОҚЫРЖЫЛАН** зат. зоол. <лат. typhlops vermicularis> *Соқырлар тұқымдасына жататын жер астында тіршілік ететін, жер құрттарына ұқсас, залалсыз ұсақ жыландар.*

**СОҚЫРЛАУ** сын. *Көп аңғара бермейтін, сұңғыла емес.*

**СОҚЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Екі көздің көру қабілетінің мүлдем жойылуы, адамның жарық пен қараңғыны ажырата алмауы.* **2.** ауыс. *Надандық, топастық.*

**СОҚЫР-МЫЛҚАУ** сын. *Айт-ұйтті тыңдамайтын табиғаттың дүлей күші.*

**СОҚЫРТЕКЕ** зат. этн. ойын. *Ортаға шығып, көзі орамалмен таңылған адам басқаларды қолмен қармалап ұстауға тырысатын ұлттық ойын түрі.*

**Соқыртеке ойнаудың не керегі [қажеті] бар.** *Алдарқатып, бүкпелеудің қажеті қанша?*

**СОҚЫРТЫШҚАН** зат. зоол. <лат. ellobius tulpinus> *Жүні сары қоңыр, кейде бірыңғай қара, жұмсақ әрі қалың болып келетін көзі өте кішкентай тышқан.*

**СОҚЫРІШЕК** зат. **1.** анат. *Адамның оң жақ бүйірінде ащы ішектің тоқ ішекке келіп жалғасқан жеріндегі өсінді.* **2.** мед. *Соқырішек ауруының асқынған түрі, аппендицит.*

**СОЛ**[1] есім. **1.** *Нақ, дәл осы деген мағынаны білдіретін сілтеу есімдігі.* **2.** *Күн, уақыт, мезгіл сөздерімен тіркесіп, дәл сол уақыт деген мағынада жұмсалады.*

**Сол бетімен.** *Сол қалпымен, сол күйі.* **Сол бойда [мезетте, сәт, сәтте]**. *Қолма-қол, дереу, лезде.* **Сол бір.** сөйл. экспр. ұнатпау. *Екеуара белгілі, әбден таныс, мезі қылған немесе жақпай қалған бейтаныс, беймәлім нәрсе туралы айтылатын сөзқолданыс.* **Сол жыл.** *Сол, әңгіме болған, екеуіне белгілі жыл.* **Сол замат.** *Дәл сол*

*уақытта, осы кезде.* **Сол себепті.** *Сондықтан, сол үшін, солай болғандықтан.* **Сол күйі.** *Ешбір өзгермеген, бұрынғы қалпында.*

**СОЛ**[2] сын. *Оңға қарама-қарсы жақ.*

**Сол жақ.** этн. *Киіз үй кеңістігінің дәстүрлі бөліктерінің бірі [Еуразиялық көшпелілердің (қазақ, моңғол, тыва, алтай, түрікмен, қарақалпақ, ноғай, қырғыз т.б.) дуалистік дүниетанымы бойынша киіз үйдің іші екі бөлікке – ер және әйел (төрден қарағандағы оң және сол) жақтарына бөлінеді].* **Сол қанат.** *Әскер шебінің сол жақ бөлігі.*

**СОЛ=** ет. **1.** *Қурау, сему, шөгу (өсімдік).* **2.** ауыс. *Әбден жүдеу, қуару, қату.* **3.** ауыс. *Күйі кету, өңі кету, еш нәрсеге қызықпау.* **4.** ауыс. *Жастық, қызық дәурен өтті деген мағынада.*

**СОЛАЙ** үст. **1.** *Айтылған жаққа қарай, сол бағытқа.* **2.** *Осылай, сондай.*

**СОЛАЙЛАУ** сын. *Сол сияқты, сондай.*

**СОЛАЙЛЫҚ** зат. *Солай болушылық, сондайлық.*

**СОЛАЙША** үст. **1.** *Солай, сол тәрізді, сондай етіп.* **2.** *Осылайша, осындай қылып.*

**СОЛАЙЫНША** үст. жерг. *Солайша, солай етіп.*

**СОЛАҚ**[1] зат. жерг. *Үйдің бір жағына жалғас салынған, аяқ-табақ сақтайтын не мал ұстайтын бөлме.*

**СОЛАҚ**[2] зат. жерг. *Арба арысының арасындағы ағаш.*

**СОЛАҚ**[3] зат. малшар. *Қойдың, жылқының құлағының ұшын кесіп салатын ен түрі.*

**СОЛАҚ**[4] зат. кәс. *Қайықтың ернеуіне ескек тіреп есу үшін орнатқан бір қарыстай ағаш.*

**СОЛАҚ**[5]**: солақ ен.** этн. *Қойдың екі құлағының артқы жақ немесе алдыңғы жақ ұшын ала тік бұрышты немесе сүйірлеу бұрышты етіп, кесіп салған белгі.*

**СОЛАҚАЙ** сын. **1.** *Жұмыс істеуге, қимыл-әрекетке оң қолдан гөрі сол қолдың бейімділігі.* **2.** ауыс. *Әр нәрсеге теріс қарайтын, керітартпа, теріс бақай (адам).*

**Солақай саясат.** *Кесапаттарға, басқаның мүддесінің аяққа тапталуына әкеп соқтыратын саясат.*

**СОЛАҚАЙЛАН=** ет. *Қисық, қыңыр кету; бұра тарту.*

**СОЛАҚАЙЛАНУ** *Солақайлан етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛАҚАЙЛАУ** сын. *Керітартпалау, солшылдау.*

**СОЛАҚАЙЛЫҚ** зат. *Асырасілтеушілік, терісбақайлық.*

**СОЛАМАЙЫМЕН** үст. жерг. *Түгел, тұтас, бүтіндей.*

**СОЛАҢ** елік. *Сопиған нәрсенің аяқастынан шыға келген қимылын бейнелейтін сөз.*

**Солаң етті.** *Аяқ астынан шыға келді.*

**СОЛАҢДА=** ет. *Солаң-солаң ету, шұбалаңдау, сөлпеңдеу.*

**СОЛАҢДАУ** *Солаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛБАҚТА=** ет. сөйл. ***Солбаңда.***

**СОЛБАҢ** елік. *Солпиған нәрсенің ебедейсіз қысқа қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Солбаң еткізді.** *Солбырайтты, ебедейсіз тастады.*

**Солбаң етті.** *Сөлекет қозғалды, солбаңдады.*

**СОЛБАҢДА=** ет. *Солбыраю, сөлбірею.*

**СОЛБАҢДАУ** *Солбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛБЫР** сын. *Босаң, болжыр, сиықсыз.*

**СОЛБЫРА=** ет. **1.** *Сөлбірею, киімі жараспау.* **2.** ауыс. *Еңсесі түсіп, көңілсіз күйде болу.*

**СОЛБЫРАЙ=** ет. **1.** *Киімнің етек-жеңі үйлеспей, ұзынды-қысқалы болуы, сөлбірею.* **2.** ауыс. *Үнжырғасы, еңсесі түсіп, көңілсіз күйде болу; сүмірею.*

**СОЛБЫРАЙТ=** ет. *Сөлбірейту, сөлпеңдету.*

**СОЛБЫРАЙТУ** *Солбырайт етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛБЫРАЮ** *Солбырай етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛБЫРЛАУ** сын. *Бәсеңдеу, солғындау, осалдау.*

**СОЛБЫРЛЫҚ** зат. *Үнжырғасы түскендік, сүмірейгендік, көңілсіздік.*

**СОЛҒҰРЛЫ** шыл. сөйл. ***Солғұрлым.***

**СОЛҒҰРЛЫМ** шыл. *Соншалық, сондай.*

**СОЛҒЫЗ: көктей солғызды.** *Жастық, балалық шақтың қызығын көрмеді, ерте есейтті.*

**СОЛҒЫЗУ** *Солғыз етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛҒЫН** сын. **1.** *Бәсең, баяу, сылбыр.* **2.** *Анық емес, күңгірт, көмескі.* **3.** ауыс. *Өз деңгейінен төмен, әлсіз.* **4.** ауыс. *Жүдеу, өңі қашқан.*

**Солғын кендер.** кен. *Сульфидтер класына жататын минералдар тобы, мыстың қосалқы кендері.* **Солғын тартты**. *Көмескіленді, күңгірттенді.*

**СОЛҒЫНДА=** ет. **1.** *Бәсеңдеу, баяулау, әлсіреу.* **2.** *Көмескі тарту, күңгірттену, өңсіздену, бозару.* **3.** ауыс. *Күш-қуаттың азаюы, күші қайту, егде тарту.*

**СОЛҒЫНДАН=** ет. *Жүзі солғын тарту, өзімен-өзі болу, белсенділігі азаю.*

**СОЛҒЫНДАНУ** *Солғындан етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛҒЫНДАТ=** ет. **1.** *Бәсеңдету, баяулату.* **2.** ауыс. *Өз деңгейінен төмендету, әлсірету.*

**СОЛҒЫНДАТУ** *Солғындат етістігінің қимыл атауы*

**СОЛҒЫНДАУ** сын. **1.** *Әлсіздеу, баяулау.* **2.** *Күңгірттеу, көмескілеу.*

**СОЛҒЫНДЫҚ** зат. **1.** *Жүдеулік, жұтаңдық.* **2.** ауыс. *Көмескілік, әлсіздік.*

**СОЛДАТ** [итал. soldo] зат. әск. **1.** *Жаяу әскер құрамындағы қатардағы жауынгер, әскери адам.* **2.** сөйл. *Әскери борыш.*

**СОЛДАТТЫҚ**[1] зат. *Әскерде қызмет етушілік, солдат болушылық.*

**СОЛДАТТЫҚ**[2] сын. *Солдатқа тән, солдатқа қатысты.*

**СОЛДАТША** үст. *Солдат сияқты, солдатқа ұқсап.*

**СОЛДЫР=** ет. **1.** *Көктей қурату.* **2.** ауыс. *Құрту, жою, жоқ ету.*

**СОЛДЫРМА** зат. бот. *Өсімдік ауруы.*

**СОЛДЫРУ** *Солдыр етістігінің қимыл атауы; көктей қурату.*

**СОЛЕНОИД** [грек. sōlēn – түтік, eidos – түр] зат. физ. *Ток жүретін оқшауланған сымнан оралған цилиндр тәрізді индуктивті орама.*

**СОЛЕНОЦИТ** зат. биол. *Көп қылтанды құрттардың зәр шығару өзегінің ішкі жағындағы ұшы түйреуіштің басы тәрізді ерекше талшықты жасуша.*

**СОЛИДОЛ** [лат. solidus – тығыз, oleum – май] зат. *Мәшине, трактор тетіктерін, арбаның дөңгелегін майлайтын қоңыр түсті қоймалжың май.*

**СОЛИДУС** [лат. solidus] зат. геол. *Ерітінділердің не балқымалардың тепе-теңдікті кристалдану ұштары температураларының химиялық құрамына тәуелділігінің графикалық бейнесі.*

**СОЛИСТ** [итал. solista] зат. муз. *Музыкалық шығарманы жеке орындайтын адам.*

**СОЛҚ** елік. *Сескінгендегі дененің солқылдаған күйін бейнелейтін сөз.*

**Солқ етті.** а) *Қатты күштің әсерінен дүрс етті, зірк етті.* ә) *Қорс етіп жылады.* **Солқ еткізді.** *Дүрс еткізді, дүрсілдетті.*

**СОЛҚАҚТА=** ет. саят. *Әлсіреу, шаршау, талу.*

**СОЛҚ-СОЛҚ** елік. *Дененің сілкінгендегі, т.б. жағдайдағы қайта-қайта солқылдаған күйін бейнелейтін сөз.*

**Солқ-солқ етті.** а) *Солқылдады, селкілдеді.* ә) *Басы (шекесі) қатты ауырды.* **Солқ-солқ жылады.** *Мұрнындағы суды ішке қарай қайта-қайта тартып, үн шығармай, дауыс салмай жылады.*

**СОЛҚЫЛ** зат. **1.** *Солқылдаған күй; селкілдегендік.* **2.** *Тарсыл, солқ-солқ етушілік.* **3.** *Жылау, қорсылдаған дауыс.*

**СОЛҚЫЛДА=** ет. **1.** *Солқ-солқ ету, селкілдеу, дірілдеу.* **2.** *Майысу, иілу, былқылдау.* **3.** ауыс. *Басы, шекесі, тісі т.б. зырқылдап ауру.* **4.** ауыс. *Белгілі шешімге келе алмау, босаңдық білдіру.*

**Солқылдап жылады.** *Дауыс салмай, денесімен қозғала, мұрнын жиі-жиі солқ еткізіп тарта отырып жылады.* **Солқылдап күлу.** *Демі біткенше ұзақ күлу.*

**СОЛҚЫЛДАҚ**[1] сын. **1.** *Селкілдек, селк-селк еткен.* **2.** *Майысқақ, иілгіш.* **3.** *Былқ-сылқ еткен, бұлаңдаған.* **4.** ауыс. *Бір шешімге келе алмай, аумалы-төкпелі күйде жүретін тайсақ, тұрақты емес; құбылмалы.*

**СОЛҚЫЛДАҚ**[2] зат. өс. ***Рауғаш.***

**СОЛҚЫЛДАҚТА=** ет. *Бітеу жараның қабынып, ірің жия бастаған кезіндегі ауыртуы.*

**СОЛҚЫЛДАҚТАУ** сын. **1.** *Майысқақ, иілгіш.* **2.** ауыс. *Нақтылы емес, сенімсіздеу, екіұштылау.*

**СОЛҚЫЛДАҚТЫҚ** зат. *Тұрақсыздық, құбылмалылық, екіжақтылық.*

**Солқылдақтық жасады.** *Құбылды, жалтақтады, қобалжыды.*

**СОЛҚЫЛДАС=** ет. *Солқ-солқ етісу, қосылып жылау.*

**СОЛҚЫЛДАСУ** *Солқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Майыстыру, иілту, тербелту.* **2.** ауыс. *Зырқылдату, ауырту.*

**СОЛҚЫЛДАТУ** *Солқылдат етістігінің қимыл атауы; солқ-солқ еткізу.*

**СОЛҚЫЛДАУ** *Солқылда етістігінің қимыл атауы; жылау.*

**СОЛМА** зат. вет. <лат. piroplasmosis> *Көбінесе ірі қара малға және тағы басқа жануарларға тән кене арқылы жұғатын ауру.*

**СОЛО**[1] [итал. solo] зат. муз. *Көп дауысты шығарманы орындау үстінде жеке бір аспаптың басқа аспаптардан ерекше бөлініп ойналуы.*

**СОЛО**[2] зат. экон. *Бүгінгі бағамның «споттық мөлшерге» көбеюіне азаюы себепті өзгеруінен туындаған влюта бағамы.*

**СОЛОД** зат. биол. *Крахмалды ыдыратуға қатысатын фермент; амилазасы мол, өнген дәннен алынатын ашытқы.*

**СОЛОМИТ** зат. тех. *Сабаннан жасалған, жылу ұстағыш құрылыс материалы.*

**СОЛОНЕЦ** зат. геол. *Жердің беткі қабатына жақын жатқан, натрий тұздарына қаныққан топырақ қабаты.*

**СОЛПИ=** ет. **1.** *Етек-жеңнің олпы-солпы болуы; солбыраю, киімнің жараспауы.* **2.** ауыс. *Мойнына су кету, сүмірею.*

**СОЛПИТ=** ет. *Солбырайту.*

**СОЛПИТУ** *Солпит етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛПИЮ** *Солпи етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛПЫ** сын. **1.** *Жерге сүйретілген, шұбалған.* **2.** ауыс. *Ойқы-шойқы, кедір-бұдыр.*

**СОЛПЫЛАУ** сын. *Шұбалаңқы, босаң.*

**СОЛПЫЛДА=** ет. *Солп-солп ету, солпию.*

**СОЛПЫЛДАТ=** ет. *Емшекті солп-солп сору, емшек ему.*

**СОЛПЫЛДАТУ** *Солпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛПЫЛДАУ** *Солпылда етістігінң қимыл атауы.*

**СОЛТАҚ** сын. *Аяғын сылтып басатын; сылтық.*

**СОЛТАҚТА=** ет. *Сылти басу, ақсаңдау.*

**СОЛТАҚТАУ** *Солтақта етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛТАҢДА=** ет. сөйл. ***Солтақтау.***

**СОЛТҮСТІК** зат. геогр. *Оңтүстікке қарсы жақ, терістік.*

**Солтүстік бұғысы.** зоол. *Қысы ызғарлы, әрі ұзақ солтүстік тундраны мекендейтін бұғы.* **Солтүстік ендік.** геогр. *Жер шарының экватордан солтүстікке қараған қашықтығы.* **Солтүстік жартышар.** геогр. *Жер шарының солтүстік бөлігі, меридианның үсті.*

**СОЛТҮСТІК-БАТЫС** зат. геогр. *Белгілі бір мекеннің, аймақтың солтүстік пен батысының аралығы.*

**СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС** зат. геогр. *Белгілі бір мекеннің, аймақтың солтүстік пен шығысының аралығы.*

**СОЛУ** *Сол етістігінің қимыл атауы; құрау.*

**СОЛШЫЛ** сын. саяси. *Солшылдық саясатты ұстанушы, қолдаушы.*

**СОЛШЫЛДЫҚ** зат. саяси. **1.** *Революциялық құрғақ сөзбен өздерінің ұсақ буржуазиялық тегін жасырушы оппортунистік, радиакалдық фракция.* **2.** *Қоғамдық-саяси құрылысты өткір сынайтын, өзгертуге ұмтылатын фракция.*

**СОЛЫҚ: солығын басты.** а) *Тынықты, дем алды.* ә) *Жылағанын, өксігін қойды.*

**Солығы басылды.** *Жылағанын тоқтатып, өксігенін қойды.*

**СОЛЫҚТА=** ет. **1.** *Бүйірін соғу, ентігу.* **2.** *Өксігін шығара алмай жылау.* **3.** *Тоқтамай жүгіріп шаршау, ырсылдау.*

**СОЛЫҚТАУ** *Солықта етістігінің қимыл атауы; босқа шаршау.*

**СОЛЫҢҚЫ** сын. *Суалыңқы, жүдеу, солған, солбыраңқы.*

**СОЛЫҢҚЫЛЫҚ** зат. *Әбден жүдеп солғандық, арығандық.*

**СОЛЫҢҚЫРА=** ет. *Жүдеңкіреу, арықтаңқырау.*

**СОЛЫҢҚЫРАУ** *Солыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛЫРҚА=** ет. *Қатты шаршап демігу, ентігу.*

**СОЛЫРҚАУ** *Солырқа етістігінің қимыл атауы.*

**СОЛЬВАТТАНУ** [лат. solvo] зат. хим. *Заттардың ерігіштігін, олардың фазалар арасында таралуын, электролиттік диссоциациясын, кинетикасын механизмін және ерітіндіде жүретін реакциялардың тепе-теңдігін көрсететін ең маңызды себепшарт; еріген зат бөлшектерінің еріткіш молекулаларымен әрекеттесіп, сольваттар түзуі.*

**Сольваттанған электрон.** хим. *Қоршаған молекулаларының полюстенуі нәтижесінде орта ұстап қалған электрон.*

**СОЛЬВАТТАР** [лат. solvere] зат. хим. *Еріген зат молекулалары мен иондары еріткіш молекулаларынан түзілген қауызбен қоршалып, олармен электростатикалық және Ван-дер-ваальс күштерімен, сондай-ақ координациялық және сутектік байланыстар арқылы ұстасуымен түсіндірілетін сольваттану өнімдері.*

**СОЛЬВОЛИЗ** зат. хим. *Еріткіш пен еріген зат арасындағы алмасу реакциясы; еріген зат пен еріткіштің молекулаларын ыдырата жүреді.*

**СОЛЬФАТАРЛАР** зат. геол. **1.** *Жанартаулы аудандарда жер қыртысының жарықтарынан шығып жататын температурасы 90-300°С аралығындағы күкіртті сутекті және күкіртті газ ағындары.* **2.** *Осындай газдарды ұзақ уақыт бойына шығарып жататын жанартаулар.*

**СОЛЬФЕДЖИО** [итал. solfeggio] зат. муз. **1.** *Музыкалық есту қабілетін арттыру, дамыту үшін өтілетін пән.* **2.** *Фортепьяноның сүйемелдеуімен орындалатын дауысты дыбыстарға құрылған ән жаттығуы, вокалис.* **3.** *Әннің нотасын оқу, айту, әндету ісі.*

**СОЛЮБИЛИЗАЦИЯ** зат. хим. *Берілген сұйықтықта ерімейтін, төмен молекулалы зат молекуласының, сұйықтың ішіндегі макромолекула мицеллаларына немесе глобулаларына енуі.*

**СОЛЯНКА** зат. тамақ. *Ет, балық немесе саңырауқұлақ сорпасынан әзірленетін сұйық тағам.*

**СОЛЯРИЙ** [лат. solarium] зат. спорт. *Күн сәулесі ваннасы қабылдау үшін ашық ауада арнайы жабдықталған алаң.*

**СОЛЯРКА** зат. *Трактор мен мәшиненің жүруі үшін қажетті жанар-жағар май.*

**СОМ**[1] зат. **1.** сов. *Жүз тиынға тең кеңестік кезеңдегі ақша.* **2.** қаржы. *Қырғызстанның ақша бірлігі.*

**СОМ**[2] зат. вет. *Жылқы малында кездесетін жара, ауру.*

**СОМ**[3] сын. **1.** *Кесек, тұтас, бүтін.* **2.** *Зор, ірі.* **3.** *Мықты, күшті.*

**Сом алтын.** *Тұтас құйылған кесек алтын.* **Сом балға.** *Ауыр салмақты балға.* **Сом болат.** тех. *Тұтас, құйма болат.* **Сом білек.** а) *Күшті, мығым, жуан, бұлшық етті білек.* ә) *Күш, қуат, жігер.* **Сом білекті.** *Мығым, бұлшық етті білегі бар; күшті деген мағынада.* **Сом дене.** *Бұлшық еттері тығыршықтай, кесек бітім.* **Сом жүзік.** зерг. *Үлкендеу құйма жүзік.*

**СОМ** зат. *Жамбасқа шығатын жара.*

**СОМА** зат. **1.** *Белгілі бір мөлшердегі ақша.* **2.** *Бір нәрсенің бағасы, құны.* **3.** ауыс. *Жиған-терген, бағалы зат.*

**СОМАДАЙ** сын. сөйл. *Үлкен, дәу, еңгезердей.*

**Сомадай болып.** *Үп-үлкен, дәп-дәу бола тұрып.* **Сомадай жігіт.** а) *Ірі, қапсағай денелі бозбала (Есейген деген мағынада қолданылады).* ә) *Ер жеткен, есейген жігіт.*

**СОМАЛА** зат. жерг. *Арба майлайтын ағаш қалақ.*

**СОМАЛА=** ет. *Бағалау, мөлшерлеу. // Сома-сома етіп.*

**СОМАЛЫ** сын. *Сомасы бар, ақшалы.*

**СОМАТОЛОГИЯ** [грек. soma – дене, logos – сөз] зат. мед. *Адамның дене құрылысын, оның түрлері мен ерекшеліктерін зерттейтін медицина саласы.*

**СОМБАЛ** зат. *Тиеуге ыңғайлап, қысқалап кескен жуан бөрене.*

**СОМБРЕРО** [итал. sombrero] зат. *Етегі кең жасалған мексикалықтардың қамыс қалпағы.*

**СОМДА=** ет. **1.** *Берік те бекем етіп жасау.* **2.** ауыс. *Ұлы тұлғаны, жағымды кейіпкерді келісті етіп мүсіндеу, кейіптеу.*

**Сомдап соқты.** *Өмір адамды шыңдап, шынықтырды деген мағынада.*

**СОМДАЙ** сын. *Сом мөлшеріндей, сом көлемінде.*

**СОМДАЛ=** ет. **1.** *Жасалу, қалыптасу.* **2.** ауыс. *Мүсінделу, кейіптелу.*

**СОМДАЛУ** *Сомдал етістігінің қимыл атауы; мүсінделу, кейіптелу.*

**СОМДАН=** ет. **1.** *Өсу, ұлкею.* **2.** ауыс. *Көркею, айшықтана түсу.*

**СОМДАНДЫР=** ет. **1.** *Шынықтыру, тұлға ретінде қалыптастыру.* **2.** ауыс. *Мүсіндендіру, айшықтай түсу.*

**СОМДАНДЫРУ** *Сомдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОМДАНУ** *Сомдан етістігінің қимыл атауы.*

**СОМДАП** үст. *Сом-сом етіп, сом-сом күйінде.*

**СОМДАУ**[1] сын. *Сом келген; кесектеу.*

**СОМДАУ**[2] *Сомда етістігінің қимыл атауы; мүсіндеу, кейіптеу.*

**СОМДЫҚ** сын. *Белгілі бір сомға жететін, сом болатын қағаз ақша.*

**СОММА** зат. геол. *Кейінгі атқылау кезіндегі ойыста пайда болған жас жанартауды ішінара не түгел көмкеріп тұратын, бұрынырақ қопарылысқа ұшыраған не жапырыла құлаған көне жанартау ернеуінің қалдықтары.*

**СОМПА** зат. *Асықтың омпасына қарсы жағы.*

**СОМПАЙ=** ет. *Сомпиып шығып тұру, сойдию.*

**СОМПАҢ** елік. *Сомпиып аяқастынан көрінгендегі қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Сомпаң етті.** *Сопаң етті, сойдиды.*

**СОМПАЮ** *Сомпай етістігінің қимыл атауы.*

**СОМПИ=** ет. *Сопию, сидию, сораю.*

**СОМТУМА** зат. хим. *Түпкі және шашылымды кенорындардағы саф металл (алтын, күміс, платина және т.б.). түйірлерінің арасындағы біршама ірі табиғи оқшауланған түйір не кесек [массасы 0,1-0,2 г-нан ондаған килограмға шейін жетуі мүмкін].*

**СОНА**[1] зат. зоол. *Жануарларды шағатын қос қанатты қан сорғыштардың ішіндегі ең ірісі.*

**СОНА**[2] зат. жерг. *Жас қыздар тағатын сырға.*

**СОНАҒҰРЛЫМ** үст. *Анағұрлым, едәуір, әлдеқайда.*

**СОНАДА** үст. сөйл. *Анада; бұрынырақта.*

**СОНАДАЙДАН** үст. *Анадайдан, көз көрім жерден, алыстан.*

**СОНАДАН** үст. сөйл. ***Сонадайдан.***

**СОНАЛА=** ет. *Сонадан қашу, қорғану.*

**СОНАЛАУ** *Сонала етістігінің қимыл атауы.*

**СОНАЛЫ** сын. *Сонасы мол, сонасы көп.*

**СОНАН** үст. *Содан, сол кезден.*

**Сонан бері.** *Сол кезден бастап, қазірге дейін.* **Сонан кейін [соң].** *Сол кезден кейін.*

**СОНАР** зат. этн. *Қалың қар жауып, ашылғаннан кейінгі аңға шығуға қолайлы тынық күн.*

**Сонар қар.** *Жаңа жауған қар.*

**СОНАРЛА=** ет. *Аңды жаңа жауған қардағы ізіне түсіп аулау.*

**СОНАРЛАТ=** ет. *Жаңа жауған қар бетінде ізге түсу.*

**СОНАРЛАТУ** *Сонарлат етістігінің қимыл атауы.*

**СОНАРЛАУ** *Сонарла етістігінің қимыл атауы.*

**СОНАРШЫ** зат. *Сонарда аңға шығушы.*

**СОНАТА** [лат. sonare] зат. муз. *Бірнеше бөлімнен құралған, темпі, ырғағы күрделі музыкалық шығарма.*

**СОНАУ** есім. **1.** *Анау; сол, сол бір.* **2.** *Алыс, шалғай, жырақ.* **3.** *Баяғы, ерте, бағзы.*

**СОНАУ-СОНАУ** сын. *Өте алыс, тым шалғай.*

**СОНАША** үст. *Сона тәрізді, сонаға ұқсап.*

**СОНДА**[1] үст. **1.** *Сол кезде, сол уақытта, сол мезгілде.* **2.** *Сол жерде, сол жақта.* **3.** *Сол жаққа.*

**СОНДА**[2]: **сонда да [дағы].** шыл. *Қарсы мәнді болып құрмаласқан жай сөйлемдерді құрмаластыратын қарсылықты жалғаулық; солай болса да, солай болғанмен.*

**СОНДАҒЫ** сын. **1.** *Сол кездегі, сол мезгілдегі.* **2.** *Сол жердегі, сол орындағы.*

**СОНДАЙ**[1] сын. *Сол сияқты, сол тәрізді. // Соншалықты кереметтей, соншама.*

**СОНДАЙ-АҚ** шыл. *Сонымен бірге, соған қоса.*

**СОНДАЙЛЫҚ** үст. *Сондай, соншалықты.*

**СОНДЫҚ** үст. сөйл. *Сондайлық, соған тұрарлық.*

**СОНДЫҚПЕНЕН** шыл. сөйл. *Сондықтан, сол себепті, сол үшін.*

**СОНДЫҚТАН** шыл. *Сол себепті, сол үшін, солай болғандықтан.*

**СОНЕТ** [итал. sonetto] зат. әдеб. *Екі, төрт шумақты, екі-үш шумақты – барлығы он төрт жолды өлең.*

**СОНСОҢ** үст. сөйл. *Содан кейін (сонан соң сөзінің қысқартылып айтылу түрі).*

**СОНСЫН** үст. сөйл. ***Сонсоң.***

**СОНША** үст. *Соншалықты, соншама, кереметтей.*

**СОНШАЛЫҚ** үст. *Соншама, тіптен.*

**СОНШАЛЫҚТЫ** үст. *Осыншама, соншама.*

**СОНШАМА** үст. *Соншалықты, сонша.*

**СОНЫ** сын. **1.** *Бұрын таныс емес, жаңа.* **2.** *Ешкім аяқ баспаған, тың.* **3.** *Таза, саф.*

**СОНЫЛА=** ет. *Соны жерге ауысып, жаңалап жайылу.*

**СОНЫЛАҒЫШ** сын. *Соны жерге жайылатын, соны жер іздейтін.*

**СОНЫЛАН=** ет. *Жаңалану, соны жерге көшіру.*

**СОНЫЛАНУ** *Сонылан етістігінің қимыл атауы.*

**СОНЫЛАУ**[1] сын. *Жаңалау, өзгешелеу, тосындау.*

**СОНЫЛАУ**[2] *Сонысла етістігінің қимыл атауы.*

**СОНЫЛЫҚ** зат. *Соны болушылық, жаңалық.*

**СОНЫМЕН**[1] мод. *Қысқасы, сөйтіп.*

**СОНЫМЕН**[2] есім. *Сол нәрсемен, сол затпен.* **Сонымен бірге.** *Сонымен қатар.* **Сонымен қатар.** *Сонымен қоса, сонымен қабат.*

**СОНЫРҚА=** ет. **1.** *Соны қуып жайылу, сонырқалау.* **2.** ауыс. *Қызығу, таңдану, таңырқау.* **3.** ауыс. *Бөтенсіну, жатсыну, тосырқау.*

**СОНЫРҚАЛА=** ет. *Соны қуу, жүре жайылу.*

**СОНЫРҚАЛАУ** *Сонырқала етістігінің қимыл атауы.*

**СОНЫРҚАТ=** ет. *Жаңарту, ауыстыру (жайылым туралы).*

**СОНЫРҚАТУ** *Сонырқат етістігінің қимыл атауы.*

**СОНЫРҚАУ** *Сонырқа етістігінің қимыл атауы.*

**СОНЯ** зат. экон. *Нарықтың жағдайдың өзгеруі бағасына әсер етпейтін бағалы қағаз.*

**СОҢ** шыл. *Бір нәрседен кейін.*

**Соң қалды.** *Артында қалды, ілесе алмады.*

**СОҢҒЫ** сын. *Кейінгі, ақырғы.*

**Соңғы қоңырау.** а) поэт. *Мектеп түлектері үшін соғылатын қоңырау үні.* ә) *Оқу жылы аяқталғанда, 25 мамыр күні болатын оқушылар мен мұғалімдерге арналған салтанатты жиын.*

**СОҢЫ** зат. *Арты, ақыры, аяғы.*

**Соңына жарық алып түсті.** *Қыр соңынан қалмады.* **Соңына сұғын қадап түсті.** *Аңдыды, ізін бақты.* **Соңына түсті.** а) *Біреуді түртпектеп, аңдып, маза бермеді.* ә) *Ізденді, ынта қойды.* **Соңынан [қыр соңынан] қалмады [қалар емес].** а) *Соңына түсті, қасынан кетпеді.* ә) *Қайда барса да, қаскөйлікпен ізін аңдыды.*

**СОҢЫНАН** үст. *Кейіннен, артынан.*

**Соңынан [артынан] күл шашты.** *Жамандық тілеп қарғады.* **Соңынан сөз ерді [бөрады, бөсті].** *Өсекке ілінді; артынан өсек-аяң тарады.*

**СОҢЫРА** үст. *Кейін, соңынан.*

**СОҢЫРАҒЫ** сын. көне. *Соңғы, кейінгі.*

**СОҢЫРАҚ** үст. *Кейінірек, біраз уақыттан соң.*

**СОП** од. *Өгізді жүргізу үшін айтылатын сөз.*

**Соп қамшы.** этн. *Арба, шанаға жегілген көлікке арналған сабы да, өрімі де ұзын қамшы.*

**СОПА: сопа басы.** сөйл. ***Соқа басы.***

**СОПАЗ** зат. өс. *Көпжылдық өсімдік.*

**СОПАЙ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің сопақ болуы, ұзаруы.* **2.** *Қалтию, қалқаю.*

**Сопайып барды.** *Жеке басы, соқа басы барды, құр қол барды.* **Сопайып [жалғыз] қалды.** *Жалғыздан жалғыз қалды, жеке басы қалды.*

**СОПАЙТ=** ет. **1.** *Сопақ ету, ұзарту.* **2.** *Қалқиту, қылтиту.*

**СОПАЙТУ** *Сопайт етістігінің қимыл атауы.*

**СОПАҚ** сын. *Дөңгелек емес, ұзынша.*

**Сопақ бет [бетті].** *Ұзыншалау, ат жақты болып келген бет, жүз.* **Сопақ мөр.** *Бес жастан он жасқа дейінгі жылқының тіс бедерінің (шұңқырларының) мұқалмаған көздері.*

**СОПАҚЖЕМІС** зат. өс. *Жемісі сопақ болатын көпжылдық өсімдік.*

**СОПАҚТАУ** сын. *Ұзыншалау, сопақшалау.*

**СОПАҚША** сын. *Сопайып келген, ұзыншалау.*

**Сопақша ми.** анат. *Жұлынның бастағы мимен тікелей жалғасы.*

**СОПАҚШАЛА=** ет. *Ұзынша ету, сопайту.*

**СОПАҚШАЛАУ**[1] сын. *Ұзынша келген, сопақтау.*

**СОПАҚШАЛАУ**[2] *Сопақшала етістігінің қимыл атауы.*

**СОПАҢ** *Сопиып, солпиып шыға келгендегі қысқа қимылды білдіретін сөз.*

**Сопаң етті.** *Кенеттен пайда болды, қылт етіп шыға келді.*

**СОПАҢДА=** ет. *Сопаң-сопаң ету.*

**СОПАҢДАС=** ет. *Сопаң-сопаң етісу.*

**СОПАҢДАСУ** *Сопаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**СОПАҢДАТ=** ет. *Қылтиту, көрсету.*

**СОПАҢДАТУ** *Сопаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СОПАҢДАУ** *Сопаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОПАҢ-СОПАҢ** *Солпиып, сопиып шыққандағы күрделі қимылды бейнелейтін сөз.*

**Сопаң-сопаң етті.** *Қайта-қайта сопаңдады.*

**СОПАЮ** *Сопай етістігінің қимыл атауы.*

**СОПИ=** ет. сөйл. ***Сопай.***

**СОПИ** зат. жерг. кәс. *Өгіз қамытының тесігінен өткізетін жіңішке темір; самиян.*

**СОПИТ=** ет. *Биіктету, сопайту.*

**СОПИТУ** *Сопит етістігінің қимыл атауы.*

**СОПИЮ** *Сопи етістігінің қимыл атауы.*

**СОПЛО** зат. хим. *Сұйықтықтың немесе газдың ағынын арттыруға арналған, арнайы пішінмен жасалған жабық канал.*

**СОПОР** [лат. sopor] зат. малшар. *Түрлі аурулардың салдарынан ми қызметі бұзылып малдың есінен тануы.*

**СОПРАНО** [лат. soprano] зат. муз. *Әйелдерге тән ең биік дауыс.*

**СОПРОЦЕССОР** [ағыл. coprocessor] зат. инф. *Негізгі процессордың қызметтік мүмкіндігін толықтыратын арнаулы мамандандырылған процессор.*

**СОП-СОЛҒЫН** сын. *Түсі тым солғын, күңгірт, көмескі.*

**СОП-СОПАҚ** сын. *Өте сопақ, тым сопайған.*

**СОПЫ** [ар. صوفی] зат. діни. *Дін жолына түскен, имамға қол тапсырған құдайшыл адам.*

**Сопы бола қалды.** кекесін. *Түк жазығы жоқ, тап-таза адам болғансыды.*

**СОПЫЛЫҚ** зат. діни. *Сопыға тән қасиет, сопы болушылық, дін жолына берілгендік.*

**Сопылық әдебиет.** діни. әдеб. *Ішкі рухани тереңдікке және Аллаға құштарлыққа бастайтын сөз өнері ретінде VIII ғасырларда мұсылман елдерінде қалыптасқан әдебиет.* **Сопылық ілім.** діни. *Исламның қайнарынан бастау алатын ілім.*

**СОПЫМСЫ=** ет. сөйл. *Сопысыну, сопы болғансу.*

**СОПЫСЫМАҚ** сын. *Сопы болғансып, өзін сопыға балайтын адам.*

**СОПЫСЫН=** ет. **1.** *Өзінше сопы болғансу, өзін сопы санау.* **2.** *Момақансу, көлгірсу.*

**СОПЫСЫНУ** *Сопысын етістігінің қимыл атауы.*

**СОПЫХАНА** зат. *Құдайға мінәжат ететін орын.*

**СОР**[1] зат. *Кесір, кесапат, бақытсыздық, ауыртпалық.*

**Сор айдады.** *Қырсық шалды, көресі азабы итермеледі.* **Сор болды.** *Азаптады, сорлатты.* **Сорға айналды.** *Басынан бақыты ауды.* **Сорға батты.** *Сорлады, қайғырды, сары уайымға түсті, қиындыққа ұшырады.* **Сорға біткен.** *Азап үшін жаралған, азап шеккен адам деген мағынада.* **Сор жеңді.** *Қырсық шалды, соры қайнады.* **Сор құмар.** *Жолы болмайтын, сормаңдай.* **Сор қысты [түрткі].** *Сор айдады.* **Сор маңдай.** *Қу маңдай, бақытсыз.* **Сор мінез.** *Зиянды, ерсі қылық, дәстүр.* **Сор тартты.** *Сор түртті, сор айдады.* **Соры арылмады.** *Бағы жанбады, азаптан құтылмады.* **Соры ашылмады.** *Бағы жанбады, қырсықтан арылмады.* **Соры бар.** *Көретін азабы көп, жолы ауыр.* **Соры бес елі [қалың, көп].** *Тартар тауқыметі мен азабы мол, бейнеті көп.* **Соры қайнады.** *Азап тартты, бақытсыздыққа ұшырады.* **Соры қайнаған жігіт.** *Жанын қияр досы жоқ, жанашыр туыс-туғаны жоқ, адал жары жоқ, өмірде жолы болмаған сормаңдай жігіт.* **Сорың құрғыр!** *Бақытың кесілгір!*

**СОР**[2] зат. **1.** *Аяқ батып кететін тұзды батпақ.* **2.** геогр. *Үстіңгі қабаттарында оңай еритін тұздар бар шөл және шөлейт, кейде дала және орманды дала зонасының топырағы.* **3.** *Тұз ерітіндісінен қалған ақ таңдақ белгі.*

**Сор топырақ.** *1,5 м-ге дейінгі тереңдікте оңай еритін тұздардың мөлшері көп болатын топырақ.*

**СОР**[3] зат. өс. сөйл. ***Сора***[2].

**СОР=** ет. **1.** *Бір нәрсені ерін арқылы ішке тарту, ему.* **2.** *Бір нәрсені ауызға салып талмау, жалмау.* **3.** тех. *Шаң, газ, түтін, су тәрізді заттарды түтік арқылы тарту, сыртқа шығару.* **4.** ауыс. *Бір нәрсені ақ жем қылу, бозарту.* **5.** ауыс. *Арықтатып жүдету, аздыру.* **6.** ауыс. *Еңбек істемей біреуді қанау, жатып жеу.*

**СОРА**[1] зат. *Көзден аққан жас, мұрыннан аққан су.*

**СОРА**[2] зат. өс. *Сортаң жерге шығатын алабота тәрізді өсімдік.*

**СОРҒЫТ=** ет. сөйл. ***Сорғала.***

**СОРҒЫТТЫР=** ет. *Кептірттіру, дегдіттіру.*

**СОРҒЫТУ** *Сорғыт етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАЖЫРАҚ** зат. өс. *Қарашағырдың бір түрі, бессаусақ.*

**СОРАЗ** зат. жерг. *Әкесіз, некесіз туған бала.*

**СОРАЙ=** ет. **1.** *Сойдию, биіктеп ұзару, сырию.* **2.** *Шошаю, сопаю.*

**СОРАЙҒАН** сын. *Сойдиған, артық шығып тұрған, қылтиған, ұзын.*

**СОРАЙТ=** ет. *Шошайту, қылтиту.*

**СОРАЙТУ** *Сорайт етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Сойдиыңқырау, биіктеп сорая түсу; ұзарыңқырау.*

**СОРАҚЫ** сын. *Шектен шыққан, өрескел.*

**СОРАҚЫЛАУ** сын. *Ерсілеу, өрескелдеу.*

**СОРАҚЫЛЫҚ** зат. *Шектен шыққандық, өрескелдік.*

**СОРАҢ**[1] зат. *Топырағы сор, сортаң жер.*

**СОРАҢ**[2] зат. өс. <лат. salsola> *Алабота, сарсазан тәрізді сортаңға шығатын өсімдік.*

**СОРАҢ**[3] зат. *Шың, құз.*

**СОРАҢ**[4] елік. *Серейіп шыққан, көрінген нәрсенің қысқа қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Сораң етті.** *Собалаңдады, сопаң етті.*

**СОРАҢДА=** ет. *Сораң-сораң ету, сопаңдау.*

**СОРАҢДАТ=** ет. *Сопаңдату, сорайту.*

**СОРАҢДАТУ** *Сораңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАҢДАУ** *Сораңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАҢДЫ**[1] сын. *Сор топырақты, сортаңды.*

**СОРАҢДЫ**[2] сын. *Сораңшөбі көбірек.*

**СОРАҢШӨП** зат. өс. *Алабота тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**СОРАҢЫТ=** ет. *Сор пайда болу, сор басу.*

**СОРАҢЫТУ** *Сораңыт етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАП**[1] зат. *Ыстық сұйықтықты сорпылдатып ішкенде шығатын дыбыс.*

**Сорап болды.** *Бітті, таусылды.* **Сорап тартысты.** *Сораптасты, сорап-сорап еткізді.*

**СОРАП**[2] зат. **1.** *Ескі жолдың сілемі, ізі.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің жобасы, ізі.*

**СОРАП**[3] зат. тех. *Төмендегі суды биікке сорып шығаратын құрал, насос.*

**СОРАП-СОРАП** од. *Түйені суға шақырғанда айтылатын сөз.*

**СОРАПТА=** ет. *Сұйықты сыздықтатып сорып ішу, ұрттау.*

**СОРАПТАЛ=** ет. *Сорып ішілу.*

**СОРАПТАЛУ** *Сораптал етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАПТАС=** ет. *Сораптап ішісу.*

**СОРАПТАСУ** *Сораптас етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАПТАТ=** ет. *Сыздықтатып сору.*

**СОРАПТАТУ** *Сораптат етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАПТАУ** *Сорапта етістігінің қимыл атауы.*

**СОРАЮ** *Сорай етістігінің қимыл атауы; биіктеп ұзару, сырию.*

**СОРБАҚ** зат. жерг. *Сортаң, тұзды.*

**СОРБАҚ** зат. өс. <лат. siegesbeckia> *Шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**СОРБАҢ** зат. этн. *Сорботқа; тұз бен қара лайға салып қайнатып, сынықққа орайтын түйе шудасы.*

**СОРБАТ** зат. хим. *Сорбция процесінде сорбентке сіңген химиялық қосылыс немесе заттардың қоспасы.*

**СОРБЕНТ** [лат. sorbens] зат. хим. *Сорбция процесінде сорбатты сіңіретін химиялық қосылыс немесе заттардың қоспасы. Газдарды, қатты заттарды және еріген заттарды сорғызу үшін пайдаланылатын қатты заттар немесе сұйықтықтар.*

**СОРБИТ** зат. хим. $CH_2OH(CHOH)_4C$-$H_2OH$ *алты-атомды спирт [аскорбин қышқылын синтездеуде, диабет ауруларына қант орнына пайдаланылады].*

**СОРБТИВ** зат. хим. ***Сорбат.***

**СОРБЦИЯ** [лат. sorbere] зат. хим. *Қатты денелердің немесе сұйықтардың заттарды қоршаған ортадан сіңіруі жүретін масса беру процестері мен құбылыстарының жалпы атауы.*

**СОРГО** [итал. sorgo] зат. бот. *Оңтүстікте өсетін жүгері тәрізді малға жұғымды дақыл; қоқан жүгері.*

**СОРҒАЛА=** ет. **1.** *Төмен қарай ағу, саулау, құйылу.* **2.** ауыс. *Төмен қарай зуылдап түсу, құлдилау.*

**СОРҒАЛАТ=** ет. **1.** *Саулату, құйылту.* **2.** *Ағызып-тамызу, ағызу, парлату.* **3.** ауыс. *Нөсерлету, жаудырту, үсті-үстіне бастырмалату.*

**СОРҒАЛАТУ** *Сорғалат етістігінің қимыл атауы; ағызу, парлату.*

**СОРҒАЛАУ** *Сорғала етістігінің қимыл атауы; саулау, ағылу.*

**СОРҒУ** *Сорғы етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫ** зат. экол. ***Сүзгі.***

**СОРҒЫ=** ет. **1.** *Суы азайып құрғай бастау, дегду, кебіңкіреу.* **2.** сөйл. *Ағу, сорғалау, құлдилау.*

**СОРҒЫЗ=** ет. **1.** *Жұтқызу, ішке тартқызу.* **2.** *Бір нәрсемен бері тартқызу, сыртқа шығару.*

**СОРҒЫЗУ** *Сорғыз етістігінің қимыл атауы; құрғатқызу, кепкізу.*

**СОРҒЫЗЫЛ=** ет. кен. *Сорғымен тартқызылу.*

**СОРҒЫЗЫЛУ** *Сорғызыл етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫЛА=** ет. *Қайта-қайта сору, сора түсу.*

**СОРҒЫЛАУ** *Сорғыла етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫТ=** ет. *Дегдіту, аздап кептіру.*

**СОРҒЫТТЫРУ** *Сорғыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫТУ** *Сорғыт етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫТЫЛ=** ет. *Құрғатылу, кептірілу.*

**СОРҒЫТЫЛУ** *Сорғытыл етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫШ**[1] зат. *Ылғалды өз бойына сіңіріп тартып алатын құрғатқыш.*

**СОРҒЫШ**[2] зат. өс. *Ылғалды жерде өсетін шөптің бір түрі.*

**СОРҒЫШТА=** ет. *Бір нәрсені сора түсу, қайта-қайта сору.*

**СОРҒЫШТАУ** *Сорғышта етістігінің қимыл атауы.*

**СОРҒЫШТЫҚ** сын. *Сорып алатын, сіңіретін.*

**СОРҒЫШША** үст. *Сорғыш тәрізді, сорғышқа ұқсап.*

**СОРДЫР=** ет. сөйл. ***Сорғызу.***

**СОР-ҚАЙҒЫ** зат. *Қайғы-қасірет, азап.*

**СОРҚАҢБАҚ** зат. өс. <лат. kolidium> *Алабұта тұқымдасына жататын аласа бұта.*

**СОРҚЫЛТЫҢ** зат. өс. жерг. *Бидайдың түрі.*

**СОРЛА=** ет. *Соры қайнау, азап көру.*

**СОРЛАН=** ет. *Сор пайда болу, сор болып кету.*

**СОРЛАНДЫР=** ет. *Сорға айналдыру, тұзын арттыру, сортаңдандыру.*

**СОРЛАНДЫРУ** *Сорландыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЛАНУ** *Сорлан етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЛАТ=** ет. *Азапқа ұшырату, сорын қайнату.*

**СОРЛАТУ** *Сорлат етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЛАУ**[1] сын. *Соры көбірек, сортаңдау.*

**СОРЛАУ**[2] *Сорла етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЛЫ**[1] сын. *Кесел-қырсыққа тап болған бақытсыз, мүсәпір.*

**Сорлының зары арлыға кездескей.** *Көмексіз, бейшара кісінің мұңы жұрт құлағына жетсін деген мағынада.*

**СОРЛЫ**[2] сын. *Тұз ерітінділері молырақ, ащылы, сортаңды.*

**СОРЛЫЛЫҚ** зат. *Бағы жанбаушылық, мүсәпірлік.*

**СОРЛЫ-СОРТАҢ** сын. *Шаруашылыққа қолайсыз, тұз ерітіндісі мол, ащы (жер).*

**СОРЛЫШЕК** зат. *Сорлы балалар деген мағынада.*

**СОРМАҚТА** зат. этн. *Сыздаған жерге тартатын шипасы бар қайнатылған түйе жүні.*

**СОРМАҢДАЙ** сын. *Сорлы, бақытсыз, мүсәпір.*

**СОРМАҢДАЙЛЫ** сын. *Бақытсыз, сорлы, еңбегі жанбаған.*

**СОРПА** зат. этн. *Суға қайнап піскен еттің сөлі шыққан сұйық тамақ.*

**Сорпаға [сорпаның бетіне] шығар.** *Іліп алуға жарайтын тәуірі, бетке шығары, алға ұстайтын жақсысы.* **Сорпасы араласпаған.** *Жақындығы, туыстығы, барыс-келісі жоқ.* **Сорпасы [үш қайнаса сорпасы] қосылмайды.** *Ілік-шатысы, аралас-құраласы, байланысы жоқ.*

**СОРПАДАЙ** сын. *Сорпа сияқты, сорпа тәрізді.*

**Сорпадай сапырды.** *Астаң-кестең қылды, астын үстіне шығарды.*

**СОРПАЛА=** ет. *Жас сорпа ішкізу, қалжалау.*

**СОРПАЛАН=** ет. *Сорпа ішіп әлдену, тыңаю, оңалу.*

**СОРПАЛАНУ** *Сорпалан етістігінің қимыл атауы.*

**СОРПАЛАУ** *Сорпала етістігінің қимыл атауы.*

**СОРПАЛЫҚ** сын. *Сорпа боларлық, сорпа-сулық.*

**Сорпалығы бар.** *Союға жарайтын, жілігі татитын.*

**СОРПА-СУ** зат. *Тамақтың маңызы шамалы сорпа-морпа.*

**Сорпа-сумен алдады.** *Аз нәрсемен қанағаттандырды, риза қылды.*

**СОРПА-СУАН** зат. сөйл. ***Сорпа-су.***

**СОРПА-СУАНДЫҚ** сын. сөйл. ***Сорпа-сулық.***

**СОРПА-СУЛЫҚ** сын. *Сорпа-су боларлық.*

**СОРПЫЛДА=** ет. *Сорп-сорп ету.*

**СОРПЫЛДАТ=** ет. *Сорп-сорп еткізу.*

**СОРПЫЛДАТУ** *Сорпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СОРПЫЛДАУ** *Сорпылда етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТ** [франц. sorte] зат. *Белгілі бір нәрсе, зат, өнім, тауар сапасының дәреже көрсеткіші, сұрып.*

**СОРОТ** зат. өс. *Сорлы, сортаң топырақты жерлерде өсетін шөп.*

**СОРТАМЕНТ** [франц. assortiment] зат. *Маркадағы, профильдегі өнімнің құрамы.*

**СОРТАҢ** сын. *Тұзы көбірек, тұздылау (жер). // Дала, шөл және шөлейт зоналарындағы топырақ түрі.*

**СОРТАҢДА=** ет. *Сортаң тарту, сортаңсу.*

**СОРТАҢДАЛ=** ет. *Сорлану, тұздылану.*

**СОРТАҢДАЛУ** *Сортаңдал етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТАҢДАН=** ет. *Сортаң болу, сорға айналу.*

**СОРТАҢДАНДЫР=** ет. *Сортаңға айналдыру.*

**СОРТАҢДАНДЫРУ** *Сортаңдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТАҢДАНУ** *Сортаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТАҢДАУ**[1] сын. *Тұздылау, ащырақ.*

**СОРТАҢДАУ**[2] *Сортаңда етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТАҢДЫ** сын. *Соры молырақ, ащылау.*

**Сортаңды бұйырғын.** бот. *Сорлы жерде өсетін бұйырғын түрі.*

**СОРТАҢДЫҚ** зат. *Сортаң болушылық.*

**СОРТАҢҚАРА** зат. өс. *Сортаң жерлерде өсетін өсімдік.*

**СОРТАҢШӨП** зат. өс. <лат. halopeplis> *Сортаңға шығатын майда шөп.*

**СОРТАП** сын. көне. *Тұзды, сорлы, сортаң.*

**СОРТАП** зат. егіншар. *Егін шықпай қалған жер.*

**СОРТАУЫТ** сын. жерг. *Сортаң, тұздылау.*

**СОРТТА=** ет. *Сапасына қарай іріктеу, сұрыптау, сортқа бөлу.*

**СОРТТАЛ=** ет. *Іріктелу, сұрыпталу.*

**СОРТТАЛУ** *Сорттал етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТТАС=** ет. *Сортқа бөлісу, іріктесу.*

**СОРТТАСУ** *Сорттас етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТТАТ=** ет. *Іріктету, сұрыптату.*

**СОРТТАТУ** *Сорттат етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТТАУ** *Сортта етістігінің қимыл атауы.*

**СОРТТЫ** сын. *Жоғары сортқа жататын, сұрпы жоғары.*

**СОРТТЫҚ** сын. *Зат сапасына, сортқа тән, сұрыптық.*

**СОРТТЫЛЫҚ** зат. *Сорт түрлеріне тән сапалық қасиет.*

**СОРУ** *Сор етістігінің қимыл атауы; сұйықтықты ішке тарту.*

**СОРША** зат. жерг. *Өртеніп кеткен жерге келесі жылы шыққан шөп.*

**СОРШӨП** зат. өс. <лат. physandra> *Сортаңды жерде өсетін шөп.*

**СОРШЫТЫР** зат. өс. <лат. kalidium schrenkianum> *Сорқаңбақтың бір түрі. Сабағы, бұтағы сүректенген, биіктігі 15-75 см-дей өсімдік.*

**СОРЫҒУ** *Сорық етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЫҚ=** ет. *Суы тартылып құрғай бастау, дегду.*

**СОРЫҚТЫР=** ет. *Құрғату, дегдіту.*

**СОРЫҚТЫРУ** *Сорықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЫЛ=** ет. *Жұтылу, тартылу.*

**СОРЫЛУ** *Сорыл етістігінің қимыл атауы.*

**СОРЫНДЫ** зат. *Сорылып алынған сұйықтық.*

**СОСЛОВИЕ** ор. зат. тар. *Құлиеленуші және феодалдық құрылысқа тән таптық айырмашылық формаларының бірі.*

**СОСЛОВИЕЛІК** сын. тар. *Сословиеге қатысты, сословиемен байланысты.*

**СОСТИ=** ет. *Үдірею, оқшырау, ақшию.*

**СОСТИЫҢҚЫРА=** ет. *Үдірейіңкіреу, оқшиыңқырау.*

**СОСТИЫС=** ет. *Үдірейісу, оқшырайысу.*

**СОСТИЫСУ** *Состиыс етістігінің қимыл атауы.*

**СОСТИЮ** *Сости етістігінің қимыл атауы.*

**СОСЫН** үст. *Сонан соң сөздерінің бірігіп ықшамдалған түрі.*

**СОСЫНҒЫ** үст. *Сонан кейінгі, содан соңғы.*

**СОТ** [ор. суд] зат. **1.** құқық. *Азаматтық дау-таластар жөнінде шешім қабылдайтын және қылмысты істерді қарайтын мемлекеттік заң орны.* **2.** құқық. *Заң орындарының мәжілістеріндегі қылмыстық істердің талқылануы.* **3.** *Азаматтық дау-таластар мен қылмысты істерді қарайтын мәжілістің ресми бастығы.*

**Сот алдында.** *Сот үстінде, сот болып жатқан кезде.* **Сот алқасы.** заң. а) *Сот органы құрамындағы бірыңғай істерді қараумен айналысатын тұрақты бөлім.* ә) *Сот мүшелерінің тобы.* **Сот атқарушысы.** заң. *Мүліктік қатынасқа байланысты сот шешімі мен өзге де орындаушы-*

*лық құжаттарды мәжбүрлі түрде орындату міндеті жүктелген лауазымды тұлға.* **Сот билігі.** заң. *Мемлекеттік билік тармақтарының бірі; биліктің сот қызметіне қатысты тармағы.* **Сот бұйрығы.** заң. *Өндіріп алушының ақшалай сомаларды өндіріп алу немесе жылжымайтын мүлікті борышкерді немесе өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сотта іс қарамай-ақ, даусыз талаптар бойынша борышкерден талап ету туралы арыз бойынша шығарылған судьяның актісі.* **Сот жоқ.** *Сын жоқ, кінәлай алмайсың деген мағынада.* **Сот жүйесі.** заң. *Түрлі деңгейдегі соттардың жиынтығы.* **Сот иммунитеті.** құқық. *Сот төресі тиісті құзыретті органның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартылмайтынын, қамауға алынбайтынын, тұтқындалмайтынын білдіретін қол сұқпаушылық.* **Сот инстанциясы.** заң. *Соттық істі қарау деңгейіне орай белгілі бір құзыреті бар сот өндірісінің сатысы.* **Сот қаулысы.** заң. *Сот кесімдерінің түрі қылмыстық іс жүргізуде сот үкімдерін, заңи күшіне енген ұйғарымдар мен қаулыларды қайта қарау кезінде соттардың төралқалары қабылдаған шешім; сотқазы жеке қабылдаған кез келген шешім.* **Сот құзыреті.** заң. *Істерді қарау жөніндегі соттың заңмен белгіленген өкілеттігі.* **Сот құрамы.** заң. *Заң бойынша нақты бір соттық істі қарауға өкілетті судьялар саны.* **Сот құрылысы.** заң. а) *Сот жүйесінің ұйымдастырылуы және оның әрбір сатысының ішкі құрылысы.* ә) *Сот билігі және оның ұйымдастырылуы мен ішкі құрылысы туралы ғылым.* **Сот медицинасы.** заң. *Сот істерін жүргізу кезінде туындайтын медициналық және биологиялық мәселелерді зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.* **Сот орындаушысы.** заң. *Мемлекеттік қызметте тұратын және соттар мен басқа да органдардың қаулыларын орындау бойынша өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.* **Сот өкілеттігі.** заң. *Заңмен айқындалатын сот билігін атқарушы ретіндегі сот құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.* **Сот приставы.** заң. *Соттар қызметінің және сот шешімдерін орындаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы лауазымды адам.* **Сот сараптамасы.** заң. *Шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу.* **Сот сарапшысы.** заң. *Сот, тергеуші, жауап алушы сот сараптамасын жүргізуді тапсырған істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам.* **Сот ұйғарымы.** заң. *Сот қаулыларының бір түрі.* **Сот үкімі.** *Соттың қылмысты іс жасағаны үшін қолданған жазасы.* **Сот шешімі.** заң. *Бірінші инстанция сотының азаматтық іс бойынша шығаратын актісі.* **Сот шығындары.** заң. *Қылмыстық іс бойынша анықтауға, алдын ала тергеуге, сараптамаға, аудармашыға, куәларға, адвокатқа және басқа істі жүргізуге кеткен шығындар.*

**СОТА**[1] зат. *Қысқалау келдек, таяқ.*

**СОТА**[2] зат. кәс. *Жүгерінің собығы.*

**СОТА**[3] зат. көне. *Дәруіштер, бақсылар ұстайтын іші қуыс асатаяқ.*

**СОТАЛА=** ет. *Таяқпен ұру, соғу; құдалау.*

**СОТАНАҚ** сын. *Азырақ сотқарлығы бар, тентек.* // *Азырақ сотқарлығы бар, бұзақы бала.*

**СОТАНАҚТАУ** сын. *Сотқарлау, тентектеу.*

**СОТАНАҚТЫҚ** зат. *Тентектік, сотқарлық.*

**СОТҚАР** сын. *Бұзақы мінезі бар, бұзық, шектен шыққан тентек.*

**СОТҚАРЛАН=** ет. *Бұзақылық істеу, тентектік жасау.*

**СОТҚАРЛАНУ** *Сотқарлан етістігінің қимыл атауы.*

**СОТҚАРЛАУ** сын. *Сотанақтау, тентектеу.*

**СОТҚАРЛЫҚ** зат. *Тентектік, бұзақылық.*

**СОТСЫЗ** сын. *Сот жасалмаған.*

**СОТТА=** ет. **1.** *Сот тәртібімен қылмысты адамды жазалау.* **2.** ауыс. *Сөгу; сынау.*

**СОТТАЛ=** ет. *Қылмыстық жазасын өтеуге кесілу.*

**СОТТАЛУ** *Соттал етістігінің қимыл атауы.*

**СОТТАС=** ет. **1.** *Сотқа берісу, сот шешіміне жүгінісу.* **2.** ауыс. *Дауласу, таласу.*

**СОТТАСУ** *Соттас етістігінің қимыл атауы.*

**СОТТАТ=** ет. *Сот үкімін шығарту, жазалату.*

**СОТТАТТЫР=** ет. *Сот үкімін шығарттыру, жазалаттыру.*

**СОТТАТТЫРУ** *Соттаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СОТТАТУ** *Соттат етістігінің қимыл атауы.*

**СОТТАУ** *Сотта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сот төрелігіне жүгіну, жазалау.* **2.** ауыс. *Сынау, сөгу, бағалау.*

**Соттау құзыры.** заң. *Бірінші инстанция бойынша қарауға жататын істерді соттарға бөліп беру, яғни нақты бір істің шешімін табуға тиісті сотты айқындау.*

**СОТТЫ** сын. *Ісі сотқа түскен, айыпты, кінәлі.*

**СОТТЫҚ** сын. заң. *Сотқа қатысты, сотқа тән.* // *Сотқа қатысты іс.*

**Соттық сарап ілімі.** заң. *Сот сараптамаларының қалыптасу және даму заңдары мен әдіснамасы, зерттеу заңдылықтары туралы білімдер жиынтығы.*

**СОТТЫЛЫҚ** зат. заң. *Сотты болғандық.*

**СОТЫҚ** зат. сөйл. *Жүз шаршы метр көлемді білдіретін өлшем бірлігі.*

**СОТ-ЭКСПЕРТИЗА** зат. заң. *Соттық сараптау; тергеу және сот ісін жүргізуде туған медицинаға байланысты мәселелерді маман дәрігердің зерттеуі және ол туралы қорытындысы.*

**СОУС** [франц. sauce] зат. тамақ. *Тамақтың дәмділігін жақсартатын тұздық тәрізді сұйық зат.*

**СОФА** [франц. sofa] зат. *Аласа, кең диван.*

**СОФИЗМ** [грек. sophisma] зат. *Мәселені әдейі былықтырып, жалған қағиданы дәлелдеу мақсатымен құралған ой қорытындысы.*

**СОФИОЛОГИЯ** зат. филос. *София-құдайдың даналығы жайындағы ілімдер жинағы.*

**СОФИЯЛОГИЯ** зат. мәд. *София құдайдың даналығы жайындағы ілімдер жинағы.*

**СОФИСТ** [грек. sophistes] зат. *Софизмді жақтаушы, софизм жолын қолдаушы адам.*

**СОФИСТИКА** зат. *Жалған дәлелдерді қасақана қолданушылық, адастыратын сөзуарлық.*

**СОФИСТІК** сын. *Софистикаға тән, софистикаға қатысты.*

**СОФТБОЛ** [ағыл. softball] зат. спорт. *Көптеген ғасырлар бұрын Ирландияда пайда болған доп ойыны.*

**СОФТВЭР** зат. инф. *Компьютердің жұмыс істеуіне арналған бағдарламалар жиынтығы, бағдарламалық жасақтамалар.*

**СОФФИНГ** зат. спорт. *Австралия, Жаңа Зеландия және Гавай аралдары тұрғындарының ұлттық су спортының түрі.*

**СОФЫ** зат. діни. *Дін жолына түскен құдайшыл адам, діншіл адам.*

**СОФЫЛЫҚ** зат. *Дін жолына түскендік, құдайшылдық.*

**СОФЫЯНА** сын. ескі кіт. *Сыпайы, момақан.*

**СОЦИАЛ** сын. саяси. *Социалды, социалдық мағынасын білдіретін күрделі саяси терминнің бірінші бөлігі.*

**СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ** зат. саяси. *Социал-демократтарды жақтаушы, социал-демократ партиясының мүшесі.*

**СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЗМ** зат. саяси. *Социал-демократтардың идеологиясы мен тактикасы.*

**СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ** зат. саяси. *Екінші интернационалға кіретін социал-демократиялық партиялардың құрылуы нәтижесінде қалыптасқан саяси ағым.*

**СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Социал-демократияға тән, социал-демократияға қатысты.*

**СОЦИАЛДЫ** [лат. socialis] сын. сөйл. совет. ***Социалистік.***

**СОЦИАЛДЫҚ** сын. совет. сөйл. ***Социалистік.***

**СОЦИАЛИЗАЦИЯЛА=** совет. *Пролетариат диктатурасы жағдайында меншікті жалпы қоғамдық, социалистік меншікке айналдыру.*

**СОЦИАЛИЗАЦИЯЛАУ** *Социализацияла етістігінің қимыл атауы.*

**СОЦИАЛИЗМ** [лат. socialisme] зат. совет. *Өндірістік қатынастарының негізгі өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншікте болатын қоғамдық құрылыс.*

**Социализм орнады.** тар. совет. *Барлық экономикалық ресурстар мемлекеттің меншігінде болатын, әлеуметік топтар арасында теңдік бар қоғамдық құрылысқа қол жеткізілді.*

**СОЦИАЛИСТ** зат. совет. *Социализмді жақтаушы, социалистік партия мүшесі.*

**СОЦИАЛИСТІК** сын. совет. *Социализм негізінде орнығып, жүзеге асқан, социализмге тән, социализмге тиісті.*

**Социалистік жарыс.** совет. *Жалпы еңбек өнімділігін арттырып, шаруашылықты нығайту мақсатында еңбек ұжымдары немесе ұжым мүшелері арасында өткізілетін бәсекелестік, арнайы шара, алдыңғы қатарлы еңбек әдісі.* **Социалистік қоғам.** тар. *Коммунистік қоғамның алғашқы фазасы.* **Социалистік құрылыс.** тар. *Социалистік қоғамға тән жүйе.* **Социалистік меншік.** совет. *Социалистік құрылысқа, мемлекет қазынасына тән меншік.* **Социалистік реализм.** әдеб. совет. *Социалистік құрылыстың шындығын бейнелейтін және коммунистік, гуманистік рухта тәрбиелеуді мақсат ететін әдебиет пен өнердегі көркемдік әдіс.*

**СОЦИОБИОЛОГИЯ** зат. биол. *Барлық тіршілік иелерінің, оның ішінде адамдардың іс-әрекетінің биологиялық негіздерін зерттейтін ғылыми бағыт.*

**СОЦИОГРАММА** зат. әлеум. *Топ элементтері арасындағы өзара әрекет құрылымын сұлбамен бейнелеу.*

**СОЦИОМЕТРИЯ** зат. әлеум. *Шағын топтағы тұлғааралық қатынастардың ерекшелігін зерттеу әдісі.*

**СОЦИОЛОГ** зат. әлеум. *Социология жөніндегі маман (әлеуметтанушы).*

**СОЦИОЛОГИЗМ** зат. әлеум. *Фактілерді социологиялық тұрғыдан түсіндіру, социологиялық тұрғыдан қарау тәжірибесі.*

**СОЦИОЛОГИЯ** [лат. soci (etas) – қоғам, logos – ілім] зат. әлеум. *Әлеуметтік жүйелер дамуының заңдылықтары мен қозғаушы күштерін және қоғамдық феномендер мен процестердің өзара әрекеттестігін, байланысын зерттейтін қоғамдық ғылымның бір саласы.*

**СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. әлеум. *Социологияға тән, социологияға қатысты.*

**СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ** зат. тар. *1914 – 1918 жылдардағы дүниежүзілік бірінші соғыс кезінде туып, «буржуазиялық отанды қорғау» идеясын ұсынған, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ұлтшылдық ағым.*

**СОЦИАЛ-ШОВИНИСТ** зат. тар. *Социал-шовинизм саясатын жақтаушы адам.*

**СОЦИАЛ-ШОВИНИСТІК** сын. тар. *Социал-шовиниске тән, социал-шовиниске қатысты.*

**СОЦИУМ** [лат. socium] зат. *Адамдардың өмір құру жағдайының бірлігіне, сонымен қатар мәдениетінің біртектігіне байланысты өмір суретін тұрақты әлеуметтік қауымдастығы.*

**СОЮ** *Сой етістігінің қимыл атауы.*

**СОЮЛЫ** сын. *Сойылған, сойылып қойылған.*

**СОЯ** зат. өс. *Әртүрлі тағам әзірленетін бұршақ тұқымдас дақыл, қытайбұршақ.*

**Соя майы.** тамақ. *Экстракциялық тәсілмен соя бұршағынан алынатын май.*

**СОЯУ**[1] зат. **1.** *Өсімдіктердің жапырақ пен бүрінен айырылған сида сабағы мен ұшкір қылқандары.* **2.** *Тікен, шөгір. // Ірі, ұзын, сойдақ.*

**Сояу құйрықты бие.** *Құйрық қылшықтары түсіп қалған бие.*

**СОЯУ**[2] зат. *Сүйектен істелген ине.*

**СОЯУДАЙ** сын. *Сояу сияқты ұзын, сидиған.*

**СОЯУЛАН=** ет. *Жапырағынан, бүрінен айырылу; сояу тарту.*

**СОЯУЛАНУ** *Сояулан етістігінің қимыл атауы.*

**СОЯУЛЫ** сын. *Сояуы бар, сояуы көбірек.*

**СОЯУ-САҒДАР** зат. *Жарамсыз, шилі, тікенекті шөп-шалаң.*

**СӨГЕ** зат. *Еліктің ұрғашысы.*

**СӨГЕРЛІК** зат. *Мал қабырғасының омыртқамен ұштасқан жері.*

**СӨГЕТ** зат. *Таулы жерде, тоғай арасында өсетін аласалау ағаш.*

**СӨГУ**[1] *Сөк етістігінің қимыл атауы; киімнің тігісін ыдырату.*

**СӨГУ**[2] *Сөк етістігінің қимыл атауы; кінәлап ұрсу.*

**СӨГІЛ**[1]**=** ет. **1.** *Жіппен тігілген бұйымдардың (киім, етік, қапшық т.б.) тігісінің ажырап, ыдырауы.* **2.** ауыс. *Қалың бұлт, тұман, қараңғылықтың ыдырап, тарқауы, ашылуы; жігі ажырау.* **3.** ауыс. *Егілу, жылау.*

**СӨГІЛ**[2]**=** ет. *Күнә болып есептелу, айыпталу.*

**СӨГІЛДІР: қабырғасын сөгілдірді**. *Қайғыға батырды, күйзеліске ұшыратты.*

**СӨГІЛТ=** ет. *Егілту, жылату, қайғырту.*

**СӨГІЛТУ** *Сөгілт етістігінің қимыл атауы.*

**СӨГІЛУ** *Сөгіл етістігінің қимыл атауы.*

**СӨГІҢКІРЕ**[1]**=** ет. *Киімнің тігісін ыдыратыңқырау.*

**СӨГІҢКІРЕ**[2]**=** ет. *Біреуді кінәлап балағаттаңқырау, ұрсыңқырау.*

**СӨГІС** зат. **1.** *Біреудің екінші бір адамға ұрсып, жазғырып, жер-жебіріне жете айтқан қатты сөзі. // Ұрысқан, жазғырған, қатты.* **2.** ресми. *Белгілі бір ұйымның тәртіп бұзушыларға бұйрық арқылы беретін ескертпе жазасы.*

**Сөгіс алды.** *Кінәсі үшін қатты сөз естіді, ескерту алды.* **Сөгіс берді**. *Кінәсі үшін жазғырды, ұрысты.* **Сөгіс есту.** *Жіберген қате істері үшін ескертпе алу.* **Сөгіс естіді**. *Кінәсі үшін ұрыс, ауыр сөз естіді, жазғырылды.* **Сөгіс жариялады.** кіт. *Тәртіп бұзғаны үшін, жағымсыз іс-әрекет жасағаны үшін көп алдында ресми түрде сөкті.*

**СӨГІС=** ет. *Тігілген бұйымның тігісін қолдап не алмас, қайшы т.б. көмегімен ыдыратып, сөгуге көмектесу, бірге сөгу.*

**СӨГІТ=** ет. сөйл. ***Сөк.***

**СӨГІТУ** *Сөгіт етістігінің қимыл атауы; сөгу, ыдырату.*

**СӨГІТІЛ=** ет. **1.** *Сөгілу, ыдырау, тігісі кету.* **2.** ауыс. *Үзілу, таусылу.*

**СӨГІТІЛУ** *Сөгітіл етістігінің қимыл атауы.*

**СӨДЕГЕЙ** сын. **1.** стиль. *Пайдасыз, бос, бекер.* **2.** жерг. *Жалқау, епсіз.* **3.** жерг. *Тұрпайы, өрескел.* **4.** жерг. *Оқшау, жалғыз.*

**СӨДЕГЕЙСЫМАЛ** сын. жерг. *Сөлекеттеу, қолайсыздау, тұрпайылау.*

**СӨЗ** зат. **1.** *Адамның ой-пікірі, көзқарасы.* **2.** лингв. *Белгілі бір мағынасы бар заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі.* **3.** *Бір нәрсе жайында айтылған әңгіме.* **4.** *Жиналыста көпшілікке қаратыла айтылатын пікір, мәлімдеме, деректі ақпар.* **5.** *Әнге арналған өлең мәтіні.*

**Сөз айтты.** а) *Көңіл білдірді.* ә) *Ойын бөлісті, оның дұрысын нұсқады.* **Сөз алды.** *Жиында сөйледі.* **Сөз аңғарды [аңдады, таныды].** *Әңгіменің төркінін, ой-астарын пайымдай білді.* **Сөз аңдыды.** *Сөз бақты, ауыз бақты, ілік іздеді.* **Сөз арасында [ұрынысында].** *Әңгіменің барысында, иінді орайында.* **Сөз астары.** *Айтылған нәрсенің ішкі мәні, жасырын мазмұны.* **Сөз атасы.** *Ақылды, мәнді сөз, сөз асылы.* **Сөз аша алмады.** *Ойындағы сырын ешкімге жария ете алмады.* **Сөз аяғы жерге тиді.** *Бір тоқтамға келді, сөз тиянақ тапты.* **Сөз аяғы құрдымға апарды.** *Сөзді бір тұжырымға жеткізбеді, бұлаңға салды.* **Сөз аяғын сипай салды.** *Немқұрайды, келер-кеттісіз айтты.* **Сөз әлпеті.** *Сөз төркіні, сөз бағдары, әңгіме барысы.* **Сөз бағдары.** *Сөздің мәнісі, сөз ауаны, ыңғайы.* **Сөз байлады.** *Уәде берді, келісті.* **Сөз байласты.** *Келісті, шешімге келді, мәміле етті.* **Сөз байлығы.** *Қолданған тіл аясы, сөз қоры.* **Сөз бақты [құды, аңдыды].** а) *Сөз қапысын жібермеді.* ә) *Өсек-аяң, бәле іздеді.* **Сөз бар ма?** *Сөзсіз, еш күмән жоқ, күмәнсіз.* **Сөз бастады.** *Әңгімеге, сөйлеуге кірісті, сөз алды.* **Сөз бастау.** *Бірінші болып сөйлеу.* **Сөз бедері.** *Сөз асылы, сөз кестесі.* **Сөз бейнелілігі.** әдеб. *Көркем шығармадағы ойды жеткізетін сөздің айшықтылығы, көркемділігі мен мәнерлілігі.* **Сөзбен жебеді.** *Жақсы тілекпен, жылы леппен демеу жасады.* **Сөзбен кесте төкті.** поэт. *Өлең шығарды.* **Сөзбен қақты.** *Тиісіп, кекетіп-мұқатты.* **Сөзбен қасыды.** бейн. *Аузымен орақ орды, бос сөйледі, көп сөйледі.* **Сөзбен сойды.** *Көңілге қарамай, қатты айтты.* **Сөзбен сыбады [соқты, іреді, сойып салды].** *Жер-жебіріне жетті, шымбайына батыра сөйледі.* **Сөзбен ұрды.** *Сөзі өтті, батты.* **Сөзбен ұрып жықты.** *Жеңді, дес бермеді, үстем шықты.* **Сөзбен шалды.** *Уәжбен тиісті, соқтықты.* **Сөз берді.** а) *Уәде берді.* ә) этн. *Келісті, айтқанына көнді, сөз байласты.* **Сөз бермеді.** *Езеуреп кезекке қарамай, сөйлей берді.* **Сөз бекіді.** *Бір шешімге келді, келісті, уәдеге келді.* **Сөз бекісті.** *Өзара мәмілеге келісті, сөз байласты, уәде берісті.* **Сөз бекітті.** *Келісті, уәделесті.* **Сөз болды.** а) *Әңгіме болды, айтылды.* ә) *Өсекке қалды, өсекке таңылды.* **Сөз бостандығы.** саяси. *Адамның өз ойын, пікірін, нанымын, дүниетанымы мен түсінігін тәуелсіз және дербес айту (жариялау, жарыққа шығару) мүмкіндігі.* **Сөз бұйдалау.** *Көп сөйлеу, сөзуарлану, бір нәрсені қайталау.* **Сөз бұлдады.** *Сөзін міндетсіді, сөйлегенін міндет қылды.* **Сөз бұранын жүргізді.** *Тілге шешен болды.* **Сөз біріктірді.** *Уәде байласты, келісті.* **Сөз бітті.** *Айтылар нәрсе айтылды, әңгімені доғарды.* **Сөзге азды.** *Өтірікке иланды; ықпалына ықты.* **Сөзге айналды.** *Уақытын бос әңгімемен өткізді, әрекетсіз отыра берді.* **Сөзге айналдырды.** *Әңгімеге алаң етті, әңгімемен алдаусыратты.* **Сөзге айналдырды.** *Әңгімеге, сөзге алдарқатты, алдаусыратты.* **Сөзге араласты.** *Біреудің әңгімесіне кірісті, килікті.* **Сөзге арандады.** *Сөзден ұсталды, ұтылды.* **Сөзге байлау керек.** *Көп сөзділіктің керегі жоқ.* **Сөзге батыр, іске пақыр.** *Құрғақ сөзге әуес кісі туралы айтылады.* **Сөзге білгір.** *Шешен, тапқыр.* **Сөзге ерді.** жағымсыз. *Біреудің айтуы бойынша әрекет жасады, айтақ сөзге иланды.* **Сөзге ерегісті.** *Сөзге бола егесті, жанжалдасты.* **Сөзге жүйрік.** *Шешен, тапқыр.* **Сөзге жүйріктік.** *Шешендік,ділмарлық.* **Сөзге жығу.** *Көндіру, райынан қайтару.* **Сөзге жығылды.** *Сөзден тосылды, ұтылды.* **Сөзге келді.** а) *Тілдесті, сөйлесті, тілге келді.* ә) *Мәмілеге келді, келісті.* б) *Қарсыласып кейіс сөз айтысты.* **Сөзге келмеді.** *Қарсы жауап айтпады, ләм-мим деп ауыз ашпады.* **Сөзге келісті.** *Ұрысып қалды, ренжісті.* **Сөзге кірісті.** *Әңгімеге араласты, сөйледі.* **Сөзге қалды.** *Өсекке ілінді, жаманатты болды, аты шықты.* **Сөзге қарамады.** *Тыңдамады, санаспады.* **Сөзге қимады.** *Өсек сөзге сенбеді, жаманатқа қимады.* **Сөзге қонақ бермеді.** *Басқаның сөзін тыңдамады, бой бермей, өзі сөйлей берді.* **Сөзге қонақтамады.** *Айтқан уәжге, дәлелге құлақ аспады.* **Сөзге құлақ қойды [салды, асты].** *Айтқанды тыңдады.* **Сөзге май құйды [тамызды].** *Әңгімені қыздырды, өршітті.* **Сөзге сараң.** *Көп сөйлемейтін, аз сөзді.* **Сөзге сараңсыды.** *Көп сөйлемеді, сөйлеуін азайтты.* **Сөзге сынық қылды.** *Айтқан сөзін тыңдамады, айтқанын істемеді.* **Сөзге тоқтады.** *Айтқанға көнді, уәжге келді.* **Сөзге түспеді.** *Уәжге көнбеді, айтқанға келіспеді.* **Сөзге тілі келді.** *Есін жиды; сөйлеуге шамасы келді.* **Сөзге ұйиды.** *Шын ықыласы ауа тыңдады, ден қойды.* **Сөзге үйір.** *Сөзқұмар, сөзшең, әңгімеқұмар.* **Сөзге шешен.** *Сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін.* **Сөзге шорқақ.** *Келістіріп сөйлей алмайтын, ойын еркін айта алмайтын кісі.* **Сөзден жығылды.** *Қисынды сөзге көнді.* **Сөзден қалды.** *Сөйлей алмады (тілі байланды).* **Сөзден сөз туды [шықты].** *Әңгіме біріне ұласты, айтар ой жалғасты.* **Сөздері жараспады.** *Әңгімелері үйлеспеді.* **Сөз дүкенін құрды.** *Үгіт-насихат, үлгілі сөз айтты.* **Сөзді арқаланды.** *Біреудің айтқанына малданды, дегенін сүйеу тұтты.* **Сөзді жүндей сабады.** *Көп сөйледі, бөсті.* **Сөзді қой.** *Болды, жетер, сөзді тоқтат.* **Сөзді пісіріп алу.** *Айтатын сөзді, айтылатын әңгімені әбден талқылап, айқындап алу.* **Сөзді созбайлау.** *Көп сөйлеу, сөзін жалғастыра беру.* **Сөзді ұғатын.** *Сөзді түсінетін, сөз қадірін білетін.* **Сөзді ұзартты.** *Ұзақ сөйледі (жазды), шұбалтты.* **Сөздің бөзін шығарды.** *Дұрыс айта, жеткізе алмады, сөзінен жаңылды, сандырақтады.* **Сөздің майын аямады.** *Сөзден тартынбады.* **Сөздің майын тамызды.** *Әдемі, қисынын келтіріп, қызықты, жағымды етіп сөйледі.* **Сөздің майын шылқытты.** *Сөздің майын тамызды.* **Сөздің аналитикалық формасы.** лингв. *Негіз сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы жасалатын сөз формасы.* **Сөздің ауыспалы [келтірінді] мағынасы.** лингв. *Сөздің әдеттегіден тыс, табиғи емес мағынасы; қолданылу барысында пайда болатын туынды мағына.* **Сөздің ауыспалы мағынасы.** лингв. *Сөздің негізгі мағынасын метафоралық, метонимиялық қолданыспен, функционалдық ортақтастықпен және басқа да белгілермен байланыстыратын лексикалық тура мағынаның туынды түрі.* **Сөздің байланысу тәсілдері.** лингв. *Әрі мағыналық, әрі синтаксистік бірлігі бар сөздерді өзара байланыстыруға дәнекер болатын амалдар.* **Сөздің байланысу формалары.** лингв. *Сөзбен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын тәсілдер негізінде туындап, қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесі.* **Сөздің баукесері.** *Сөздің төкетері, түйіні, қорытындысы.* **Сөздің грамматикалық формалары.** лингв. *Сөздің лексикалық ұғымына қосымша мағына үстейтін тұлғалары; сөйлеу кезінде сөзді дәнекерлеп, оларға әртүрлі грамматикалық мән-мағына үстеп, бір-бірімен қатынасын көрсетіп тұратын, сөйлемде ғана қолданылатын сөйлеу бірліктері.* **Сөздің қысқасы.** *Тоқ етері; сөздің турасы.* **Сөздің иіні.** *Сөздің реті,ыңғайы.* **Сөздің кезегі.** *Сөздің реті, ыңғайы жөні.* **Сөздің кескіні.** *Әңгіменің сыңайы.* **Сөздің лексикалық мағынасы.** лингв. *Сөздің әуелдегі негізгі тура мағынасы.* **Сөздің орын тәртібі.** лингв. *Сөздердің сөйлем не күрделі синтаксистік тұтастық ішінде белгілі ретпен орналасуы.***Сөздің парқын айырды.** *Әңгіменің төркінін, мағынасын таныды, түсінді, ұқты.* **Сөздің синтетикалық формалары.** лингв. *Қосымша жалғану және дыбыстардың алмасуы (ішкі флексия) арқылы жасалатын сөз формалары.* **Сөздің созаңы.** *Сөздің жалғасы.* **Сөздің созаңын [сөзін] сабақтады.** *Әңгімесін жалғастырды.* **Сөздің тура мағынасы.** лингв. *Затпен тікелей бірліктегі әрекет пен құбылысты, адамның ойымен байланысты түсініктерді, түйсікті білдіретін негізгі мағына.* **Сөздің тиегін ағытты.** *Шешіле сөйледі, ағытылды.* **Сөздің тігісін жатқызды.** *Айтылып қалған сөзді жұмсартты, жуып-шайды.* **Сөз ерді.** *Біреулер сөзге іліктіріп жамандады, даттады. Сөз екі болмасын! Айтылған серт, уәде бұзылмасын!* **Сөз емес.** *Бұйым емес, түк емес; тіптен оңай.* **Сөз ертті.** а) *Өсектеді, сөз қылдырды.* ә) *Жаман сөзге, өсек-аяңға ілінді.* **Сөз естіді.** *Біреуден сөгіс алды, жазғырылды, реніш көрді.* **Сөз етінен өтіп, сүйегіне жетті.** *Сөз арына, ұятына тиді, жанына қатты батты.* **Сөз етті [қылды].** а) *Әңгімеледі, баяндады.* ә) *Сөз қылды; өсектеді.* **Сөз жарасы.** *Ауыр тиетін сөз.* **Сөз**

**жарыстырды.** а) *Айтқанын құптамады, қарсы жауап қайтарды.* ә) *Сөз таластырды, пікір алысты.* **Сөз жасаушы қосымшалар.** лингв. *Жаңа сөз жасауда қызмет ететін морфемалар.* **Сөз желісі.** *Түптен тартылған түйін-түйін, сала-сала ой тармағы.* **Сөз жеткісіз.** *Айтуға тіл жетпейтін.* **Сөз жоқ.** *Анық, даусыз.* **Сөз жүзінде.** *Әсте емес, сөз түрінде.* **Сөз жүйесін тапты.** *Қисын-қиюы келтіріліп, орнымен айтылды.* **Сөз жүйесі табылды.** *Сөздің реті келді, ыңғайы келді.* **Сөз зергері.** *Қиыннан қиыстырғыш көркем сөздің шебері; шешен.* **Сөз ишарат қылды.** *Ойын астарлы сөз арқылы түспалдап, меңзеп жеткізді.* **Сөз келтірді.** *Сөзге қалдырды, тіл тигізді, жаманатқа ілінді, жексұрын болды.* **Сөз кестесі.** поэт. *Өлең жолы, шешендік сөз.* **Сөз көбейді.** *Дабыра күшейді, абыр-сабыр болды.* **Сөз көтерді.** *Әңгіме туғызды, қауесет таратты.* **Сөз көтере алмады.** *Қалжыңға, әзілге ашуланып қалды.* **Сөз күрестірді.** сөйл. *Сөз таластырды, жарыстырды.* **Сөз қайырды.** *Жауап қатты, сөзге келді.* **Сөз қатысты.** *Сөйлесті, тілдесті.* **Сөз қайтарды.** а) *Жуап берді.* ә) *Қарсы сөз айтты,қарсыласты.* **Сөз қайырмады.** *Жауап қатпады.* **Сөз қалдырды.** *Келешек ұрпаққа мұра боларлық дүние жазды.* **Сөз қалмады [артылмады].** *Тегіс айтылды; кезегін, есесін жібермеді.* **Сөз қақтығыстыру.** *Сөз жарыстыру, сөзбен қағыту, айтысу.* **Сөз қарпысты.** *Сөзбен шалысты, қақтығысты.* **Сөз қатпады [қата алмады].** *Үндемеді, сөйлемеді.* **Сөз қатты.** *Тілдесті, сөйлесті.* **Сөз қашыртпады.** *Шашау сөз шығармады, алыпқашты өсекке ерік бермеді.* **Сөз қозғасты.** *Әңгіме-дүкен құрды, әңгімелесті, сөйлесті.* **Сөз қозғалды.** *Әңгіме өзегіне айналды.* **Сөз қозғау.** *Әңгіме ету, айту.* **Сөз қонбады [дарымады].** *Ұқпады, түсінбеді, зердесіне бармады.* **Сөз қосарлады.** *Сөз жарыстырды, қабаттастырды.* **Сөз қуалады.** *Біреудің айтқандарын жікке тізді, ауыздан шыққан сөзге жармасып, айырылмай қалды.* **Сөз қуды.** *Өсек-өтірікпен айналысты.* **Сөз құрамы.** лингв. *Сөздің сыртқы түр тұрпаты.* **Сөз құрау.** *Сөз саптау, ойын сөзбен жеткізу.* **Сөз қыдыртты [тасыды].** *Өсек-аяң таратты.* **Сөз ләмі.** *Сөз саптауы, сарыны, айтар ойы, емеуріні.* **Сөз қылу.** *Әңгіме ету, айту.* **Сөз қылысты.** *Әңгімелесті, бірге талқылады, сөйлесті.* **Сөз мағынасы.** лингв. *Шындықтың (заттың, сапаның, қатынастың, қимыл-әрекеттің, қалыптың) белгілі бір құбылысының сөзде бейнеленуі.* **Сөз мәдениеті.** лингв. *Әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды (дыбыстау, сөз жұмсау, грамматикалық т.б.) игеру, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі қолдана білу.* **Сөз нарқын кемітті.** *Сөзді бағаламады, құнын түсірді.* **Сөз оралды.** *Айтар сөзі шешен шықты, орайын, ұйқасын тапқан сөз айтты, шешендігін көрсетті.* **Сөз сабағын көктеді.** *Өсиет, өнеге айтты, ақыл берді.* **Сөз салды.** а) *Қандай да бір маңызды, шешілуі қиын жайттың, мәселенің ау-жайын байқау үшін арадағы біреу арқылы сөйлесті.* ә) *Жеңгелері немесе құрбылары арқылы жігіт қызға өз сезімін, ойын білдірді, сөз айтты.* б) *Әуенге өлең жазды, сөз жазды.* **Сөз салдырды.** *Қызға жеңгесі, құрбысы арқылы сөз айттырды.* **Сөз саптады.** *Жүйелеп сөйледі.* **Сөз саптауы [саптасы].** а) *Айтар ойы, емеуріні деген мағынада.* ә) лингв. *Сөзді қолдануы, стилі.* **Сөз сауды.** *Тіл мен жағына сүйенді.* **Сөз сұрады.** *Сөйлеуге ниет, тілек білдірді.* **Сөз таластырды.** *Қарсыласып дауласты, салғыласты.* **Сөз таластыру.** *Айтысу, дауласу.* **Сөз таныды.** *Сөз білді, сөздің парқын айырды.* **Сөз таппады.** *Лайық сөз аузына түспеді.* **Сөз таптары.** лингв. *Сөздердің лексика-грамматикалық белгілері мен сипаттарын топтап көрсететін грамматикалық категория.* **Сөз тастады.** *Айтар ойының сыңайын байқатты.* **Сөз тартты.** *Бірдеңені білгісі келді, сыр тартты.* **Сөз тиегін ағытты.** *Еркіндік берді, бетін ашты.* **Сөз тортасы.** поэт. *Жағымды, майда сөз.* **Сөз тосты.** *Сөздің кезегін күтті, біреудің сөзін бөлмеді.* **Сөз тұлғасы.** лингв. *Сөздің әртүрлі тұлғалық көрсеткіштері арқылы грамматикалық мағынасын білдіретін морфологиялық түрлері.* **Сөз түйінін шорт түйді.** *Сөзді кілт үзді, құрт байлам жасады.* **Сөз түрлендіруші қосымша.** лингв. *Сөз тұлғаларын жасауға қызмет ететін морфема.* **Сөз тізгінін берді.** *Емін-еркін сөйлеуге ерік берді.* **Сөз тіркесі.** лингв. *Әрқайсысы дербес лексикалық мағынаға ие екі сөздің немесе бірнеше сөздер түйдегінің өзара сабақтаса байланысқан тобы.* **Сөз ұзарды.** *Сөз ұзаққа созылды.* **Сөз ұстайтын адам.** *Дауласатын жақтың мүддесін қорғайтын, сөзін сөйлейтін би.* **Сөз ұстар қариялар.** *Сөзі өтімді, ақыл-кеңес беруші қарттар.* **Сөз ұстасы.** *Сөзге шешен адам.* **Сөз формалары.** лингв. *Белгілі бір лексикалық мағыналы сөзге грамматикалық мағына үстейтін формалар арқылы түрленуі; сөздің категориялық грамматикалық мағынаны білдіретін белгілі бір грамматикалық тұлғада тұруы.* **Сөз шығарды.** *Әңгіме бастады, сөз етті.* **Сөз шығындады.** *Бекерге айтты, сөзі далаға кетті.* **Сөз шықты.** а) *Сөйледі, ойын айтты, жеткізді.* ә) *Әңгіме тарады, өсек жайылды.* **Сөзі аша шықты.** *Сөздері үйлеспей, сәйкеспей қалды, екеуі екі түрлі сөйледі.* **Сөзі аяқсыз болды [далаға кетті, жерде қалды, зая болды].** *Айтқанын ешкім тыңдамады, елемеді.* **Сөзі бар.** *Келіскен уәдесі бар.* **Сөзі батты.** *Біреудің дегені өтіп кетті, жанға тиді.* **Сөзі бір жерден шықты.** *Айтқандары үйлесе кетті, бір пікірде болды.* **Сөзі бір қалыптан шықты.** *Сөздері, ойлары ұқсас болды, бір ауыздан мақұлдады.* **Сөзі батты.** *Сөзі жанға тиді, қатты әсер етті.* **Сөзі бір жерден шықты.** *Айтқандары үйлесе кетті, бір пікір айтты.* **Сөзі дауасыз.** *Сөзінде береке жоқ.* **Сөзі дуалы.** көне. *Айтқаны келетін киелі (адам) деген мағынада.* **Сөзі екіұшты айтылды.** *Сөзі түсініксіз болды, басын ашып айтпады.* **Сөзі екіұшты.** *Байламы жоқ, бұлтартпалы, тиянақсыз.* **Сөзі ем болмады.** *Айтқан сөзі дауа болмады, миына кірмеді.* **Сөзі жарасты.** *Сөздері бір жерден шықты, үйлесім тапты.* **Сөзі жерде қалды.** *Айтқанын ешкім елемеді, дегені іске аспады.* **Сөзі жетпеді.** *Айтқанынан береке шықпады.* **Сөзі жүрмеді.** *Тілін алдыра алмады, айтқанын істете алмады.* **Сөзі зая болды.** *Айтқанын ешкім елемеді, дегені іске аспады.* **Сөзі кетпендей тиді.** *Ауыр сөз естіді, жанына батты.* **Сөзі көкейге қонды.** *Айтқаны көңілге ұялады.* **Сөзі көктен түскендей [түскен жай оғындай].** *Тілі өткір, шешен, тіке, тура айтатын, тілі ащы.* **Сөзі қамшы болды.** *Айтқаны түрткі болды, әсер етті.* **Сөзі қою шықты.** *Айтқаны маңызды, мәнді болды.* **Сөзі қыршаңқы.** *Тілі ащы, қисық сөйлейтін (адам).* **Сөзі майда.** *Сыпайы, әдепті сөйлейді деген мағынада.* **Сөзі мірдің оғындай.** *Тауып сөйлейтін өткір тілді (адам).* **Сөзі орамды.** *Мағыналы, мәнді.* **Сөзі өңменінен өтті.** *Сөзі жанға батты, қатты тиді.* **Сөзі өтпеді.** а) *Сөзі жерде қалды, айтқанын істете алмады.* ә) *Мұңмұқтажы елеусіз, естусіз қалды.* **Сөзі өтті [сөзін өткізді].** *Тілін алдырды, дегенін істетті.* **Сөзі өтімді.** *Айтқанын, дегенін орындата алатын, сөзі нанымды; сыйлы, беделді, қадірлі.* **Сөзі өтімдірек.** *Айтқанын, дегенін орындата алатындай.* **Сөзі сымдай болды.** *Сөзі, анық, тура болды.* **Сөзі сөзақ болды.** *Айтқаны көңілге қонды, әбден ұнады.* **Сөзі сүйектен өтті.** *Намысына тиді, жанына қатты батты.* **Сөзі түзелді.** *Жөн сөйлейтін болды, ретімен, жөнімен сөйледі.* **Сөзі түйеден түскендей [ірі].** *Дөрекі, ерсі сөйлейтін адамға айтылады.* **Сөзі ұзын.** *Сөзқұмар, көп сөзді, сөзуар.* **Сөзін шет деді.** *Сөзін құптамады, мақұлдамады, келіспеді.* **Сөзі шығынды болды.** *Сөзін ешкім тыңдамады, мән бермеді.* **Сөзі ем болды.** *Сөзі көкейге қонды, оң әсер етті.* **Сөзі инеше қадалды.** *Қатты батты, көңіліне ауыр тиді.* **Сөзі кесек шықты.** *Сөзі ойлы айтылды, жақсы сөйледі.* **Сөзі кітап сөзіндей.** *Айтқан ойы, сөзі айқын, анық, тиянақты.* **Сөзі [сөздері] қиюласу.** *Үйлесу, ұйқасу.* **Сөзі шаншу болып [шаншудай] қадалды.** *Өңменінен өтті, өте жайсыз тиді.* **Сөзі шашау шықпады.** *Сөйлеген сөзі зая кетпеді, бос сөйлемеді, орнымен сөйледі.* **Сөзі шығын [болды].** *Түсінбейтін, ұқпайтын кісіге сөз айтып әуре болды.* **Сөзім сөз.** *Айтқаным екі болмайды, бар айтарым осы, айтылған тұжырымнан қайтпаймын деген мағынада.* **Сөзі сүйық.** *Сөзінің пәтуасы жоқ, бос.* **Сөзін алмады.** *Тыңдамады.* **Сөзін аңдады.** *Сөзін бақты, біреудің айтқанын жан-жақты бағалап тыңдады.* **Сөзін [әңгімесін] бұзды.** а) *Сөзін (әңгімесін) бөліп кетті, кедергі жасады.* ә) *Уәдеде тұрмады, келісімді орындамады.* **Сөзін алды.** а) *Айтқанына көнді, дегенімен жүрді.* ә) *Уәдесін алды.* **Сөзін бит шаққандай көрмеді.** *Айтқанын елеусіз қалдырды, мән бермеді.* **Сөзін бөлді.** *Біреудің айтып отырғанын аяқтатпай, ортасынан киіп кетті, кедергі келтірді.* **Сөзін екі еткізбеді [етпеді, айтқызбады].** *Бірден-ақ көнді, лыпылдап дегенін істеді.* **Сөзін еледі.** *Біреудің айтқанына құлақ қойды, тыңдады.* **Сөзін жалғау.** *Әңгімесін жалғастыру, әрі қарай айта беру.* **Сөзін жерге тастады.** *Айтқанын істемеді.* **Сөзін жерге тастамады [жықпады, қимады].** *Дегенін екі етпеді, айтқанын қабыл алды.* **Сөзін жұтты.** а) *Сөзін кілт тоқтатып, артын айтпай қойды.* ә) *Уәдесінен тайды; мәймөңкеледі, теріске шығарды.* **Сөзін жықпады.** *Айтқанын екі етпеді; дегенін істеді.* **Сөзін жібермеді [жіберген емес].** *Уәжден жеңілмеді, сөзден есесін бермеді.* **Сөзін өткізді.** *Айтқанын істетті, тілін алдырды.* **Сөзін сатты [бұлдады].** *Сөзін бір керегі үшін өткізді, сөзін параға берді, жарамсақтанды.* **Сөзін сөйледі [айтты].** *Біреуді жақтап, соның дегенін қостады.* **Сөзін сүйектен өткізді.** *Қатты батырды, ауыр сөз айтып, шымбайына тиді.* **Сөзін түптеді.** *Әңгімені саяр жеріне жеткізді, түп мәнін аша айтты.* **Сөзін тірілтті.** *Растап құптады, әңгімесін жандандырды.* **Сөзін шашау жібермеді [шығармады].** *Сөзін екі етпеді, құлақ асты, тыңдады.* **Сөзін шырақ етті.** *Өлеңін, даналық жақсы сөзін өшірмеді, ұмытпырмады, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырды.* **Сөзіне дуа қонды.** *Сөзіне қуат бітті, басқалар сөзін тыңдады, құлақ асты.* **Сөзіне [сөзге] жүгінді.** *Әлдекімнің айтқанына ден қойды.* **Сөзіне опа қылмады.** *Сөзінде тұрмады, уәдесін бұзды.* **Сөзінде байлау [пәтуа, тиянақ] жоқ.** *Сөзінде береке жоқ, айтқанында тұрмайтын шалағай кісі туралы айтылады.* **Сөзінде бәтуа бар.** *Сөзі жүйелі, ақылға қонымды.* **Сөзінде зіл жатты.** *Мысты басатындай сес, ызғар болды, сөзі ауыр болды.* **Сөзінде тиянақ жоқ.** *Сөзінде береке жоқ, айтқанында тұрмайтын шалағай кісі туралы айтылады.* **Сөзінде тұрақ жоқ [болмайды].** *Бір сөзде тұрмайтын, байлауы жоқ, тұрлаусыз.* **Сөзінде тұрды.** *Уәдесінен айнымады, таймады.* **Сөзіне бақпады.** *Айтқанын істемеді, тыңдамады.* **Сөзің аузыңда.** *Бір сәтке сөзіңді бөлейін, сөйлемей қоя тұр, ұмытып қалмай тұрғанда айтып алайын деген мағынада.* **Сөзің аузыңда.** *Айтар ойыңды тежей тұр, сәл тұра тұр деген мағынада.* **Сөзің нақыл болсын.** *Кейінгі ұрпаққа өсиет болып тарасын деген мағынада.* **Сөзінің аяғын жұтып қойды.** *Ойын соңына дейін толық айтпады.* **Сөзінің байлауы кетті.** *Сөзінде тұрақ жоқ, мәнсіз, бос сөз деген мағынада.* **Сөзінің берекесі жоқ.** *Сөзінің байламы жоқ, бәтуасыз.* **Сөзінің бояуы оңды [кетті].** *Мәнсіз, әсерсіз сөйледі.* **Сөзінің бір кілтипаны бар.** *Сөзінің бір астары, сыры бар.* **Сөзінің жаны бар.** *Айтқаны негізсіз емес, мәнісі бар, дәлелі бар, шындыққа үйлесімді.* **Сөзінің соңын жеп қойды.** *Аяқтамады, соңына жетпеді.* **Сөзінің төркіні жаман [жамандау].** *Түпкі ойы теріс, пікірі жаман.* **Сөзінің уыты бар.** *Тілі өткір, сөзі мәнді.* **Сөзіңе қарауыл қой.** *Айтқаныңа сақ бол, байқап сөйле.*

**СӨЗБАҒАР** сын. жерг. *Сөзге салынған, сөз аңдыған // сөз қуған адам.*

**СӨЗБЕ-СӨЗ** үст. *Дәлме-дәл, нақ сол қалпында.*

**СӨЗБЕГІ** зат. жаңа. *Сөз шебері, шешен.*

**СӨЗГЕР¹** зат. *Көсемсөзші, публицист.*

**СӨЗГЕР²** сын. жерг. *Сөзге шебер, сөзшең.*

**СӨЗГЕРЛЕУ** сын. жерг. *Сөзуарлау.*

**СӨЗГЕРЛІК** зат. *Сөзге шеберлік, сөзшеңдік.*

**СӨЗДЕЙ** сын. жерг. *Ауызша.*

**СӨЗДІК¹** зат. лингв. *Белгілі бір мақсатты көздеп, алфавитке түсірілген, басқа тілге аударылған немесе мағынасы түсіндірілген сөздер жиынтығы, лұғат.*

**СӨЗДІК²** сын. *Сөзге қатысты, сөзге тән, белгілі бір тілге тән.*

**Сөздік қор.** а) *Жеке тілдік тұлғаның қолданысындағы сөз байлығы.* ә) лингв. *Белгілі бір тілдің лексика-фразеологиялық байлығы.* **Сөздік құрам.** лингв. *Тілдің байырғы сөздерін де, шеттен кірген сөздерді де қамтитын сөздердің тұтас жиынтығы.* **Сөздік мақала.** *Әліпби тәртібімен берілген атау сөз бен этимологиялық, грамматикалық, стильдік белгілер қойылып, сөз мағынасына берілген анықтамалар мен көркем әдебиеттен алынған дәйектеме материалдарды қамтитын лұғаттық мақала.*

**СӨЗДІК-МАҒЫНАЛЫҚ: сөздік-мағыналық ес.** психол. *Ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлері пішімдер арқылы із қалдырып отыратын адам жүйке жүйесінің қызметтерінің бірі.*

**СӨЗДІКТЕРМИНАЛ** зат. байланыс. *Дара жолы бар немесе кезекті шақырыстарды хабарлайтын телефон аппараты.*

**СӨЗДІКШЕ** зат. *Көлемі шағын сөздік.*

**СӨЗЖАРЫС** зат. *Белгілі бір мәселе бойынша жарыссөз.*

**СӨЗЖАСАМ** зат. лингв. *Тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.*

**Сөзжасам жүйесі.** лингв. *Сөз тудырдың, жаңа сөз жасаудың қалыптасқан реті, жөні.* **Сөзжасам қосымшалары.** лингв. *Түбір сөзге жалғанып, жаңа сөз тудыратын тұлғалар.* **Сөзжасам тәсілдері.** лингв. *Туынды сөз жасалатын түрлі тілтанымдық тәсілдер.*

**СӨЗЖАСАМДЫҚ** сын. *Сөзжасамға қатысты, соған тән, сөз жасайтын.*

**СӨЗЖҰМБАҚ** зат. *Әрбір торшаны жасырылған атау сөздің әріптерін қою арқылы толтырып шешетін жұмбақ кесте.*

**СӨЗОРАЛЫМ** зат. *Тіл шеберлігі, сөз байлығы.*

**СӨЗСІЗ** үст. *Сөз жоқ, даусыз.*

**СӨЗТҰЛҒА** зат. лингв. *Негіз сөз бен туынды сөздерді құрайтын тілтанымдық бірлік.*

**Сөзтұлға жасаушы қосымшалар.** лингв. *Сөз тудыру мен тұлға жасау қызметін қатар атқаратын қосымшалар.*

**СӨЗТІЗБЕ** зат. лингв. *Сөздікке берілетін сөздердің алфавитке түскен тізімі; реестр.*

**СӨЗУАР** сын. *Тілмар, шешен, сөзшең.*

**СӨЗУАРЛАН**= ет. *Тілмарлану, шешенсу.*

**СӨЗУАРЛАНУ** *Сөзуарлан етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЗУАРЛАУ** сын. *Көбірек сөйлейтін, шешенсымақтау, тілмарлау.*

**СӨЗУАРЛЫҚ** зат. *Көп сөйлегіштік, боссөзділік; қызымырлық.*

**Сөзуарлыққа салынды.** *Бейпіл, көп сөйледі.*

**СӨЗҰҚҚЫШ** сын. *Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, сабырлы, сөз қадірін білетін (адам).*

**СӨЗҰСТАР** сын. *Билік-айтыс келесінде айтысушы жақтың атынан сөз сөйлейтін (басшы кісі).*

**СӨЗШЕҢ** сын. *Көп сөйлегіш, сөйлемпаз, сөзуар.*

**СӨЗШЕҢДЕН**= ет. *Тартымды сөйлеп шешенсу, сөйлемпаз болу.*

**СӨЗШЕҢДЕНУ** *Сөзшеңден етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЗШЕҢДІК** зат. *Көп сөйлегіштік, сөзуарлық.*

**СӨЙДЕ**= ет. сөйл. *Солай де деген тіркестің бірігіп барып, қысқарған түрі.*

**СӨЙЛЕ**= ет. **1.** *Тіл қату, айту.* **2.** *Пікір білдіру.* **3.** *Әңгімелеу.* **4.** *Өлең-жырға айналдырып, шешен тілмен ағытыла баяндау.* **5.** *Ойды ауызша түрде баяндау.*

**СӨЙЛЕГІШ** сын. *Көп сөйлейтін, сөйлемпаз.*

**СӨЛЕКЕЙ** сын. жерг. *Шалағай, сөлекет, оғаш.*

**СӨЙЛЕМ** зат. лингв. *Аяқталған ойды білдіретін өзара грамматикалық байланыстағы сөздер тобы; тілдің грамматикалық заңдылығы негізінде қалыптасқан синтаксистік бірлік, адамдардың қарым-қатынас жасауы үшін жұмсалатын тілдік категория.*

**Сөйлем құрады.** лингв. *Аяқталған ойды білдіретін сөйлем құрастырды.* **Сөйлем мүшелері.** лингв. *Сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшектері.* **Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.** лингв. *Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш мүшелер.* **Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.** лингв. *Тұрлаулы мүшелердің маңына топтанып, оларды анықтап, толықтап, пысықтап тұратын сөйлем мүшелері; анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш.*

**СӨЙЛЕМДІК** сын. *Сөйлемге тән, сөйлемге қатысты.*

**СӨЙЛЕМПАЗ** сын. *Көп сөйлегіш, сөзуар.*

**СӨЙЛЕМШЕ** зат. *Шағын, қысқа сөйлем.*

**СӨЙЛЕН**= ет. *Айтылу, сөз болу.*

**СӨЙЛЕНУ** *Сөйлен етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕНІС** зат. лингв. *Жергілікті диалектілердің белгілі бір шағын аймақтарын қамтитын бөлігі, халықтық я ұлттық тілдің тармақтары.*

**СӨЙЛЕҢКІРЕ**= ет. *Сөйлей түсу, айтыңқырау.*

**СӨЙЛЕС**= ет. **1.** *Пікір алысу, әңгімелесу.* **2.** *Мәселені шешу, ақылдасу.* **3.** ауыс. *Іштей түсіну.*

**Сөйлес қылды.** жерг. *Жөн сұрады, таныс-ты, ақылдасты.* **Сөйлесіп көрді.** *Әңгімелесіп, пікірін байқады, тіл тартты.*

**СӨЙЛЕСКІШ** сын. *Біреумен сөйлесе кететін, тіл тапқыш.*

**СӨЙЛЕСКІШТІК** зат. *Біреумен сөйлесе алғыштық, тілтапқыштық.*

**СӨЙЛЕСТІР**= ет. **1.** *Әңгімелестіру, пікір алыстыру.* **2.** *Кездестіру, жолықтыру.*

**СӨЙЛЕСТІРУ** *Сөйлестір етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕСТІРУ** этн. көне. *Қалыңдықты күйеу жігітпен алғаш амандастырып, тілдестіру үшін қыз жеңгесіне берілетін кәде.*

**СӨЙЛЕСУ** *Сөйлес етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕСУШІ** зат. *Белгілі бір іс жайында екінші бір адаммен не топпен тілдесуші, пікір алысушы.*

**СӨЙЛЕСІЛ**= ет. *Айтылу, сөз болу.*

**СӨЙЛЕСІЛУ** *Сөйлесіл етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕТ**= ет. **1.** *Айтқызу, тіл қатқызу, сөз беру.* **2.** ауыс. *Музыка т.б. өнер туындылары арқылы ойды жеткізу.*

**СӨЙЛЕТКІЗ**= ет. *Сөз беру, айтқызу, ойын білдіртқізу.*

**СӨЙЛЕТКІЗУ** *Сөйлеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕТТІР**= ет. *Сөз беру, айттыру, ойын білдірту.*

**СӨЙЛЕТТІРУ** *Сөйлеттір етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕТУ** *Сөйлет етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЙЛЕУ** *Сөйле етістігінің қимыл атауы; адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті.*

**Сөйлеу айшықтары.** әдеб. *Тыңдаушыға әсерлі болып, сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін күшейтіп беретін синтаксистік құрылымдардың ерекшеленген формалары; мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, шешендік сөзде жиі қолданылатын амал-тәсілдер.* **Сөйлеу мүшелері.** анат. *Негізгі физиологиялық қызметімен (тыныс алу және ас қабылдау) қатар тіл дыбыстарын жасауға қатысатын адамның дене мүшелері; сөйлеу дыбыстарын құрайтын ауыз қуысындағы мүшелер.* **Сөйлеу тілі.** лингв. *Ауызекі сөйлесу тілі.* **Сөйлеу тілінің лексикасы.** лингв. *Адамдардың күнделікті қарым-қатынастағы үйреншікті жағдайда қолданылатын, сөйлеу тіліне, яғни әдеби тілдің ауызша түріне тән сөздердің жиынтығы.*

**СӨЙЛЕУШІ** зат. *Сөз айтушы, тіл қатушы.*

**СӨЙЛЕУІК** сын. *Көп сөйлейтін, сөзуар.*

**СӨЙТ**= ет. *Солай ет деген тіркестің бірігіп барып, қысқарған түрі; солай ету, солай істеу.*

**Сөйткен бір.** сөйл. экспр. *Есіркеп-мүсіркеуді білдіретін сөзқолданыс.*

**СӨЙТУ** *Сөйт етістігінің қимыл атауы; солай ету.*

**СӨЙТІП** шыл. *Солай етіп, сонымен.*

**СӨК** зат. *Қауызынан арылған ақтаған тары.*

**СӨК¹**= ет. *Киімнің тігісін сөгу, тігісті ыдырату.*

**СӨК²**= ет. *Кінәлап ұрсу, жер-жебіріне жетіп балағаттау.*

**СӨКЕТ** зат. *Жөнсіздіктен, ыңғайсыз жағдайдан туатын теріс іс, ұят, сөлекет. // Жөнсіз, шектен тыс.*

**Сөкет көрді.** *Ерсі деп білді.*

**СӨКЕТСІН**= ет. *Ыңғайсыз көру, ұятсыну.*

**СӨКЕТСІНУ** *Сөкетсін етістігінің қимыл атауы.*

**СӨКЕТТЕУ** сын. *Ұяттау, ерсілеу.*

**СӨКЕТТІ** сын. *Ұятты, ерсі, ыңғайсыз.*

**СӨКЕТТІК** зат. *Ұяттық, ерсілік.*

**СӨКТЕ**= ет. *Тарыны қауызынан айырып ақтау, тазарту.*

**СӨКТЕУ** *Сөкте етістігінің қимыл атауы.*

**СӨКТІР¹**= ет. *Тігісін бұздыру, тігілген заттың аузын аштыру.*

**СӨКТІР²**= ет. *Кінә тақтыру, ұрысқызу.*

**СӨКТІРУ** *Сөктір етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЛ** зат. **1.** *Өсімдікте болатын шырын.* **2.** *Нәр, дәрумен.*

**СӨЛБІРЕ**= ет. сөйл. ***Солбыра.***

**СӨЛДІ** сын. *Сөлі бар; маңызды, шырайлы.*

**СӨЛЕКЕТ** зат. сөйл. ***Сөкет.***

**СӨЛЕКЕТТЕУ** сын. сөйл. ***Сөкеттеу.***

**СӨЛЕКЕТТІК** зат. сөйл. ***Сөкеттік.***

**СӨЛЕКТЕ**= ет. сөйл. ***Сөлеңде.***

**СӨЛЕКТЕТ**= ет. *Сөлек-сөлек еткізу, салақтату, шұбалту.*

**СӨЛЕКТЕТУ** *Сөлектет етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЛЕКТЕУ** *Сөлекте етістігінің қимыл атауы; салақтау, сөлек-сөлек ету.*

**СӨЛЕҢ** елік. *Сөлпиген заттың, тұлғаның кенет көрінген қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**Сөлең етті.** *Күйрығын салақтатып шыға келді.*

**СӨЛЕҢДЕ**= ет. *Бір нәрсенің салақтап, шұбалуы; сөлең-сөлең ету.*

**СӨЛЕҢДЕУ** *Сөлеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СӨЛКЕБАЙ** [ор. целковый] зат. көне. *Бір сомдық күміс ақша.*

**СӨЛПЕК** сын. сөйл. ***Салпақ.***

**СӨЛПЕКТЕ**= ет. сөйл. ***Салпақта.***

**СӨЛПЕҢ** елік. *Сөлпиген заттың, тұлғаның кенет көрінген қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**Сөлпең қақты.** *Сөлең-сөлең етті, сөлпектеді.*

**СӨЛПЕҢДЕ**= ет. *Солаң-солаң ету, сөлеңдеу; салақтау.*

**СӨЛПИ**= ет. сөйл. ***Солпи.***

**СӨЛТЕК** зат. жерг. *Шеттен келіп өсек айтушы, іріткі салушы.*

**СӨМКЕ** [ор. сумка] зат. *Жеңіл-желпі, шағын заттар салып, қолға ұстап жүретін тұрмыс бұйымы.*

**СӨМКЕЛІ** сын. *Сөмкесі бар, сөмке асынған.*

**СӨМПЕК** сын. *Денесі еңкіш, солбырайған.*

**СӨМПЕҢ** сын. сөйл. *Сөлеңдеген, сөмпеңдеген.*

**СӨМПЕҢДЕ**= ет. сөйл. ***Сөлпеңде.***

**СӨМПИ**= ет. сөйл. ***Солпи.***

**СӨМПИТ**= ет. *Солпиту, сөлпиту.*

**СӨН**= ет. **1.** *Оттың, шамның жанып бітуі, өшу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің таусылуы, құру, жоғалу.* **3.** ауыс. *Ұмытылу, көмескілену.* **4.** ауыс. *Басылу, көңілі қалу, қайтып беттей алмау.*

**Сөнбеген жанартау.** геогр. *Үздіксіз немесе оқта-текте атқылайтын жанартау.* **Сөнген жанартау.** геол. *Жер қойнауындағы ыстығы басылып, атқылауды тоқтатқан жанартау.*

**СӨНГІШ** сын. **1.** *Сөне беретін.* **2.** ауыс. *Көңілі құбылмалы, тұрақсыз.*

**СӨНДІР=** ет. **1.** *Өшіру, отты жандырмау.* **2.** ауыс. *Құрту, жою, жоғалту.* **3.** ауыс. *Көңілін басу, жасыту.*

**СӨНДІРГІШ** зат. *Өртті, жанған отты сөндіру үшін қолданылатын құрал.*

**СӨНДІРТ=** ет. *Жарықты, шамды өшірту.*

**СӨНДІРТУ** *Сөндірт етістігінің қимыл атауы.*

**СӨНДІРУ** *Сөндір етістігінің қимыл атауы; өшіру.*

**СӨНДІРІЛ=** ет. *Өшірілу.*

**СӨНДІРІЛУ** *Сөндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СӨНДІРІС=** ет. *Отты өшірісу.*

**СӨНДІРІСУ** *Сөндіріс етістігінің қимыл атауы.*

**СӨНУ** *Сөн етістігінің қимыл атауы; өшу.*

**СӨНІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Сәуленің, жарықтың бәсеңсуі; өшіңкіреу.*

**СӨҢКЕ**[1] зат. өс. *Аласа боп өсетін бұта.*

**СӨҢКЕ**[2] сын. *Қурап қалған, кеуіп кеткен.*

**СӨРЕ**[1] зат. **1.** *Үстіне құрт, ірімшік т.б. жайып кептіруге арналған төрт аяқты қарапайым биік қондырғы; тек.* **2.** *Кітап, киім-кешек, ыдыс-аяқ қоюға арналған тақта.* **3.** *Адам отыруға, дем алуға арналған вагондағы сәкі.*

**СӨРЕ**[2] зат. *Бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мәре.*

**СӨРЕЛЕ=** ет. *Сөре, сәкі жасау; сөреге қою.*

**СӨРЕЛЕП** үст. *Сөре-сөре етіп, сөреге жайып.*

**СӨРЕЛЕУ** *Сөреле етістігінің қимыл атауы.*

**СӨТКЕ** [ор. сутка] зат. *Бір күн, бір түн деп есептелетін, жиырма төрт сағаттық уақыт; тәулік.*

**СӨТКЕЛІК** сын. *Жиырма төрт сағаттық, тәуліктік.*

**СӨТІЛ=** ет. сөйл. ***Сөгітіл.***

**СПАРРИНГ** [ағыл. sparring] зат. спорт. ***Жекпе-жек.***

**СПАРТАКИАДА** зат. <грек. olympias> *Спорттың бірнеше түрінен өтетін көпшілік қауым қатысатын спорттық мереке.*

**СПЕКТАКЛЬ** [франц. spectacle] зат. *Театрда көрсетілетін ойын-сауық; театр өнерінің туындысы.*

**СПЕКТОГРАММА** зат. геол. *Спектограф көмегімен алынған (бейнесурет немесе механикалық жазба түрінде), зерттелген заттың сәуле тарату және сәуле тұту ерекшеліктерін сипаттайтын талдау құжаты.*

**СПЕКТОГРАФ** зат. геол. *Сәуле тарату және сәуле тұту ағындарын олардың толқындарының ұзындықтарына қарай әртүрлі спектрге жіктей отырып, зерттелген заттың осы ерекшеліктерін спектограммалар түрінде кескінден беретін аспап.*

**СПЕКТР** [лат. spektrum] зат. физ. *Физикалық шама қабылдайтын әртүрлі мәндерінің жиынтығы.*

**СПЕКТРЛІК** сын. физ. *Спектрге тән, спектрге қатысты.*

**Спектрлік приборлар.** физ. *Оптикалық диапозондағы электрмагниттік сәулелердің спектрлік құрамын зерттеуге, сәуле көздерінің және онымен әсерлескен нысандардың спектрлік сипаттамаларын талдау үшін пайдаланылатын аспаптар.* **Спектрлік сериялар.** физ. *Жиіліктері белгілі бір заңдылықтарға бағынатын атом спектріндегі спектрлік сызықтар тобы.* **Спектрлік талдау.** а) физ. *Зат құрамын сандық және сапалық жағынан анықтауда оның спектрлерін алу мен зерттеуге негізделген физикалық әдіс.* ә) хим. *Сәуле шығару, жұту және электромагниттік сәуле шығарудың комбинациялық шашырау спектрлерін зерттейтін талдау әдістерінің жиынтығы.*

**СПЕКТРОПОЛЯРИМЕТРИЯ** зат. хим. *Оптикалық белсенді заттардың жарық поляризация жазықтығын айналдыру шамасы мен толқындар ұзындығы арасындағы тәуелділігін анықтауға негізделген физика-химиялық зерттеу әдісі; нәруыздар мен полипептидтерді зерттеуде маңызы зор.*

**СПЕКТРОСКОП** зат. хим. *Спектр талдауында қолданылатын құрал.*

**СПЕКТРФОТОМЕТРЛІК: спектрфотометрлік талдау.** хим. *Зерттелетін үлгіден шығатын сәуле ағынындағы жұтылу спектрін спектрофотометр көмегімен зерттейтін талдау әдісі.*

**СПЕКТРОСКОПИЯ** [грек. skopeo] зат. физ. *Физиканың электрмагниттік сәулелерді зерттеумен шұғылданатын саласы.*

**СПЕРМАТОЗОИД** [грек. spermatos] зат. биол. *Адамның, жануарлар мен көптеген өсімдіктердің жетілген гаплоидты аталық жыныс жасушасы.*

**СПЕРМИН** зат. *Малдың аталық жыныс клеткасынан алынатын дәрі.*

**СПЕЦИФИКА** [лат. specificus] зат. *Қарастырылып отырған пәнге немесе құбылысқа тән қасиеттер, олардың ерекшелігі.*

**СПЕЦИФИКАЛЫҚ** сын. *Ерекшелігі бар, өзгеше.*

**СПИД** зат. мед. *ЖИТС (жүре біткен иммундық тапшылық синдромы).*

**СПИДБОЛ** зат. спорт. *Ерлер мен әйелдер арасында американдық футбол және баскетбол әдістерін біріктіріп ойналатын ойын түрі.*

**СПИДОМЕТР** [ағыл. speed – жылдамдық, metron – өлшеу] зат. физ. *Автомобиль, мотоциклдің жүрген жол қашықтығын және қозғалыс жылдамдығын білдіретін көрсеткіш.*

**СПИКЕР** [ағыл. speaker] зат. *Парламент төрағасы.*

**СПИЛИТ** [ағыл. spilit] зат. геол. *Лавалардың су түбінде төгілуі нәтижесінде альбиттенген диабаздар есебінен қалыптасатын палеотипті базальтты таужыныс.*

**СПИН** зат. геол. *Микробөлшектердің қозғалыс мөлшерінің меншікті моменті, кванттық табиғаты бар және бөлшектің қозғалысымен байланыспаған ұғым.*

**СПИННИНГ** [ағыл. spining] зат. спорт. *Жыртқыш балықтарды ұстау құралы.*

**СПИНОР** [ағыл. spinor] зат. мат. *Бір координаттар жүйесінен екінші координаттар жүйесіне ауысқан кезде түрлендірудің ерекше қасиетімен сипатталатын математикалық шама.*

**СПИНОФ** зат. экон. *Компанияның дивиденд ретінде басқа бір компанияның акциясын төлеуі.*

**СПИН-ОФФ** [ағыл. spin-off] зат. экон. *Компаниядан құрылымдық бөлімшені бөліп шығарып, соның негізінде жаңа акционерлік қоғам құру.*

**СПИРАНДАР** зат. хим. *Бір ортақ атомдары бар ди- немесе полициклдік қосылыстар; құрылыстарына сай гомо- және гетероспирандар болады.*

**СПИРОМЕТР** зат. тех. *Өкпенің көлемін өлшейтін аспап.*

**СПИРОМЕТРИЯ** [ағыл. spirare – демалу, metreo – өлшеймін] зат. спорт. *Дене дамуының маңызды қызмет көрсеткіштерінің бірі болып табылатын өкпе мүмкіншілігі көлемін (ӨМК) зерттеу тәсілі.*

**СПИРОТЕХА** зат. биол. *Кейбір жұқпалы ауруларға шалдықтыратын бактерия.*

**СПИРОХЕТАЛАР** [грек. speira – ирек, ирелең, chaite – ұзын шаш, түк] зат. вет. *Жалғыз клеткалы, денесі шпор тәрізді ирелеңдеген, бактериялар мен қарапайым жәндіктер ортасынан орын алатын микроорганизмдер.*

**СПИРТ** зат. *Қант не крахмал араласқан сұйықты ерекше айдау арқылы алынатын жанғыш әрі мас қылатын ішімдік.*

**СПИРТБЕНЗОЛ** зат. геол. *Таушайыртанымдық және көмірхимиялық зерттеулерде еріткіш ретінде қолданылатын спирт пен бензолдың тең мөлшерлі қоспасы.*

**СПЛАЙН** зат. инф. *Компьютерлік графикада математикалық функция негізінде есептелген жеке нүктелерді бір-бірімен жанастыра тегістеп қосатын қисық сызық.*

**СПЛЕНИТ** [грек. splen] зат. вет. *Талақтың қабынуы.*

**СПЛИТ** зат. экон. *Компанияның бұрын шығарылған акцияларын көп санға жеткізіп бөлу. [Сплиттің мақсаты – 1 акцияның көрсетілген құнын азайтып, оның биржалық құнын өсіру].*

**СПЛИТОФ** зат. экон. *Бас (негізгі) компания акцияларының бөлігін еншілес (отау) компания (аффилиат) акциясына пропорциялы алмастыру.*

**СПОДУМЕН** [грек. spodumenos] зат. кен. *Силикаттар класының пироксендер тобындағы минерал.*

**СПОНГОЛИТ** зат. хим. *Құрамының жартысынан көбі кремнийлі губка спикулдерінен тұратын, негізгі масса рөлін опал (кейде халцедонмен алмасқан) атқаратын кремнийлі шөгінді таужыныс.*

**СПОНДИЛЕЗ** [грек. spondylos] зат. вет. *Омыртқа бағанасының қосымша сүйек қаптың кейпін жоюынан туған, ұзаққа созылатын ауруы.*

**СПОНДИЛИТ** [грек. spondeios] зат. мед. *Адам омыртқасының қабынуы.*

**СПОНДИЛОАРТРИТ** [грек. spondylos] зат. вет. *Омыртқа аралық буынның қабынуы.*

**СПОНТО** зат. экон. *Шегерім [Халықаралық сауда практикасында қолданылатын термин; сатып алу – сату шартында көзделетін тауардың базистік бағасынан шегерім деген мағынаны білдіреді].*

**СПОРА** [грек. spora] зат. биол. *Өсімдіктер мен кейбір жасушалы жәндіктердің ұрығы.*

**СПОРАЛЫ** сын. *Споралар арқылы көбейетін.*

**Споралы өсімдіктер.** бот. *Негізінен жынысты немесе жыныссыз жолмен түзілетін споралар арқылы көбейіп, таралатын өсімдіктер.*

**СПОРАЛЫЛАР** [лат. sporozoa] зат. биол. *Паразиттік қарапайымдар класы.*

**СПОРОГОНИЯ** зат. биол. *Цистаның ішіндегі зиготаның редукциялық түрде бөлінуі және спорозоиттардың пайда болуы.*

**СПОРОГОНИЯ** [грек. spora – ұрық, себінді, gone, goneia – туу, пайда болу, ұрпақ] зат. вет. *Споровик тектес жәндік жұмыртқасы – ооцистада спорозит қалыптасуы.*

**СПОРОЗОИТ** [грек. spora – ұрық, себінді, zone – тірі жан] зат. вет. *Споровик тектес жәндік дамуының ақырғы сатысы.*

**СПОРОЦИСТА** зат. биол. *Кейбір қарапайымдардың, трематодтардың даму кезеңі.*

**СПОРОЦИСТА** [грек. spora – ұрық, ұрпақ, себінді, kistis – көпіршік] зат. вет. *Жалпақ құрт дамуының личинка сатысы.*

**СПОРТ** [ағыл. sport] зат. *Ағза нығайып, шынығуы үшін жасалатын дене жаттығуы.*

**Спорт алаңы.** *Спорт ойындары өткізілетін жер.* **Спорт залы.** *Спорт сабағы, жаттығулары, ойындары өтетін зал.* **Спорт кешені.** *Бір аумақта орналастырылған және спорттың алуан түрлеріне арналған спорттық ғимараттар тобы.* **Спортпен шұғылдану.** *Спорттың белгілі бір түрімен айналысу.* **Спорт сарайы.** спорт. *Спорттың әр алуан түріне машықтандыратын және әртүрлі сайыстар өткізілетін орын, үй.*

**СПОРТСҮЙЕР** сын. *Қандай да бір спорт түрін жақсы көретін, соны жақтаушы, қолдаушы.*

**СПОРТТЫҚ** сын. *Спортқа тән, спортқа қатысты.*

**Спорттық бәсеке.** *Спорттық ойындар бойынша өткізілетін жарыс, бәйге.* **Спорттық гимнастика.** *Спорттың негізгі түрлерінің бірі; еркін жаттығулар, таянып секіру және снарядтардағы жаттығулар.* **Спорттық жарыс.** *Қатысушы жақтардың өз қайрат-жігері, өнері, білімі, айла-тәсілі, тәжірибесі, шеберлігімен бірбірінен басым түсуге бағытталған еңбек, ойын тәрізді іс-әрекетті жарыс.*

**СПОРТШЫ** [ағыл. sportsman] зат. *Спортпен айналысатын адам.*

**СПОРТШЫЛ** сын. *Спортқа құмар, спортты ұнататын.*

**СПОТ** [ағыл. spot] зат. экон. *Ақысы дереу төленетін тауар, валюта, бағалы қағаздар, жөніндегі биржалық мәміле.*

**СПОТ** [ағыл. spot] зат. экон. **1.** *Дереу есеп айырысу шартымен жасалынатын мәміледе бағалы қағаздың не валютаның бағамы.* **2.** *Нақты тауарға жасалған биржалық мәміле.* **3.** *Ағымдағы валюта бағамы.* **4.** *Кеме жалдаушының талаптарына шамамен сай келетін тоннажы бар кеме.*

**СПОТ-НАРЫҚ** зат. экон. *Тауарлар қолма-қол ақшаға сатылып, дереу жеткізілетін нарық.*

**СПОТ-ПРОМПТ** зат. экон. *Кеменің жүк тиеуге дайын екендігі шартымен жасасылатын чартер.*

**СПРАЙТ** [лат. sprite] зат. инф. *Бағдарламада қарастырылған командалардың көмегімен пайдаланушы анықтайтын және экранда біртұтас бүтін ретінде қарастырылуға болатын кескін элементтерінің пішін үйлесімі; программалық тәсілмен дисплей экранына шығарылатын шағын кескін.*

**СПРЕД** зат. экон. *Түрлі мерзімде жеткізілетін фьючерстік келісімшарттарды бір мезгілде сатып алу және сату.*

**СПРЕДИНГ** зат. геол. *Мұхит түбінің көлбеу бағытта үнемі жылжитын базальт қабатымен жаппай көмкерілуі.*

**СПРИНТ** [ағыл. sprint] зат. спорт. *Жақын қашықтыққа жүгіретін жарыс.*

**СПРИНТЕР** [ағыл. sprinter] зат. спорт. *Спринтке жүгіретін спортшы.*

**СПРИНТЕРЛІК** сын. *Спринтерге тән, спринтерге қатысты.*

**СПРЭД** [ағыл. spread] зат. экон. *Қор құралдарының сату және сатып алу бағаларының арасындағы айырма.*

**СПРЭД** зат. экон. **1.** *Мерзімдік келісімшарт құнындағы айырмаға негізделген алыпсатарлық ойындағы биржа мәмілесі.* **2.** *Акция ұсынымының бағасы мен сұранымының бағасы арасындағы айырма.* **3.** *Қор биржасындағы сатып алу мен сату бағасы арасындағы айырма.* **4.** *Қоржындағы күрделі жұмсалымды әртараптандыру.* **5.** *Пайда табу үмітімен тауар фьючерстерін бір мезгілде сатып алу және сату.*

**СПРЭДЕР** зат. экон. *Түрлі кезеңдегі келісімшарттарды бір мезгілде сатып алып сатушы биржа сатарманы, биржа саудасына қатысушы.*

**СПРЭД-ДЕЛЬТА** зат. экон. *Опциондардың бейтарап жайғасым ретінде белгіленген арақатынасы.*

**СПУЛЕР** [лат. spooler] зат. инф. *Басқа бағдарламаларды орындаумен қатар бір мезгілде принтерге файлдардың ішіндегісін басып шығаруға мүмкіндік беретін дербес баспа бағдарламасы.*

**СПУЛИНГ** [spooling] зат. инф. *Компьютердің жұмыс өнімділігін арттыру мақсатында мәліметтерді принтерге шығару жұмысын процессордың басқа жұмыс атқаруымен қатар орындау тәсілі.*

**СПУТНИК** зат. *Жылдамдығы ғаламшар жылдамдығына сай келетін, орбитаға шығарылған жердің жасанды серігі, жерсерік.*

**СРОФАНТИН** зат. мед. *Жүрек ауруларын емдеу үшін қолданылатын кендір, жанаргүл және т. б. өсімдік дәнінен алынған тұнба.*

**ССУДА** зат. экон. *Белгілі мекемеге немесе жеке бір адамға берілген қарыз ақша.*

**СТАБИЛИЗАТОР** [лат. stabilis] зат. тех. *Электр тоғының тербелісін, тербеліс жиілігін реттеп тұратын құрылғы.*

**СТАБИЛИТРОН** зат. физ. *Өзі арқылы өтетін электр тоғы өзгергенде оған түсетін кернеу іс жүзінде тұрақты болып қалатын екі электродты газразрядты немесе шалаөткізгіш аспап.*

**СТАВКА** зат. *Әскери қолбасшы және оның штабы орналасатын орын, штаб.*

**СТАВРИДА** зат. зоол. *Алабұға тәрізді теңіз балығы.*

**СТАВРОЛИТ** [грек. stauros – крест, lithos – тас] зат. кен. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**СТАГ** зат. экон. *Биржа алыпсатары, акцияны инвестиция ұстау үшін емес, тез пайда алу үшін сатып алып, өткізуші биржа іскері.*

**СТАГНАЦИЯ** [лат. stagnum] зат. экон. *Өндірістің тоқырауы немесе оның құлдырауы жаппай жұмыссыздықпен және үнемі бағаның өсуін (инфляцияға) көрсететін экономикалық жағдайы.*

**СТАГФЛЯЦИЯ** [лат. stagnare] зат. экон. *Елдің инфляциялық үдерістердің өршуі кезіндегі тоқырауды көрсететін экономикалық жағдайы.*

**СТАДИОДРОМ** зат. спорт. *Байырғы Грецияға 1 стадияға (қашықтықты өлшеген абыздың 600 табанына тең) тең жүгіру жолы.*

**СТАДИОН** [грек. stadion] зат. *Көруші әуесқойлар отыратын орындары бар, спорт жарысын өткізуге лайықталып жабдықталған алаң.*

**СТАЖ** [франц. stage] зат. ***Өтіл*** *(белгілі бір жұмыс саласында қызмет істеген уақыт мөлшері).*

**Стаж жоғалту.** сөйл. *Еңбек өтілін жоғалту, еңбек жолында үзіліс болу.*

**СТАЖЕР** [франц. stagiaire] зат. *Стаждық сынақтан өтетін адам.*

**СТАЙЕР** [ағыл. stayer] зат. спорт. *Ұзақ қашықтыққа жүгіруші я коньки тебуші адам.*

**СТАЙЕРЛІК** сын. *Стайерге тән, стайерге қатысты.*

**СТАЙЛИНГ** зат. экон. *Бұйымның көркем пішіні, әрлемесі.*

**СТАККАТО** [итал. staccato] зат. муз. *Музыкалық аспапта немесе әнші дауысында дыбыстарды үзіп-үзіп, қысқа орындау.*

**СТАҚАН** зат. *Бір нәрсені ішуге жұмсалатын, цилиндр формалы шыны ыдыс.*

**СТАЛАГМИТТЕР** [грек. stalagma] зат. кен. *Жерасты карст қуыстары мен үңгір табанынан жоғары қарай көтеріле өсетін баған тәрізді әртүрлі пішінді тас қадалар.*

**СТАЛАГНАТТАР** зат. кен. *Үңгірлерде жоғарыдан төмен салбыраған сталактиттер (тассүңгілер) мен оларға қарсы табанынан жоғары қарай өскен сталагмиттер (тасқадалардың) қосылып, бірігуінен пайда болған тасбағандар.*

**СТАЛАКТИТТЕР** [грек. stalaktos] зат. кен. *Минералданған сулардың тамшылауынан үңгірлердің, кеніштердің төбесінде және жоғары қабырғаларында түзілетін минералдық тассүңгі түзілімдер.*

**СТАЛИЯ** зат. экон. *Кемеге жүк тиеу-түсіру уақыты.*

**СТАН** зат. *Шаруашылық орналасқан тұрақ, белгілі мекен.*

**СТАНДАРТ** [ағыл. standard] зат. **1.** *Басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон, модель.* **2.** *Тиісті ұйымдар ресми құжат ретінде қабылдаған технологиялық үдерістер мен өнімдерге қойылатын талаптар мен ережелерді реттейтін нормативтік-техникалық құжат.*

**СТАНДАРТТА=** ет. *Бір үлгіге салу, стандартқа келтіру.*

**СТАНДАРТТАЛ=** ет. *Үлгіге салыну, стандартқа түсірілу.*

**СТАНДАРТТАЛУ** *Стандарттал етістігінің қимыл атауы.*

**СТАНДАРТТАУ** *Стандартта етістігінің қимыл атауы; шикізатқа, дүмбілдерге, материалдарға, өндірістік үдеріске, тауарларға және т.б. мемлекет ауқымында, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шеңберінде бірегей нормалар мен арнаулы талаптар белгілеу.*

**СТАНДАРТТЫ** сын. *Стандартқа, белгілі бір үлгіге түскен.*

**Стандартты электродтар.** физ. *Әлеуеттері стандартты электродтық әлеуеттерге тең болатын электродтар.*

**СТАНИОЛЬ** [лат. stannum] зат. хим. *Қалайыдан жасалған жұқа табақша [электротехникалық өнеркәсіпте конденсаторлар жасау үшін қолданылады].*

**СТАНИЦА** ор. зат. **1.** *15–17 ғғ. казактардан құрылған шағын атты әскер отряды.* **2.** *19 ғ-ғы казактар тұратын аймақ әкімшілік-аумақтық бөлік.*

**СТАННАТТАР** зат. хим. *Қалайының (IV) оттекті қышқылдарының тұздары.*

**СТАННИН** [лат. stannum] зат. кен. *Қалайы колчеданы, қоңыраулы кентас – сульфидтер класының минералы.*

**СТАННИТТЕР** зат. хим. *Қалайы (II) оксиді немесе қалайы (II) гидроксиді сілтімен әрекеттескенде түзілетін өнім; тұздар қатарына жатады, тотықсыздандырғыш қабілеті күшті заттар.*

**СТАНОК** зат. *Металдан, ағаштан және т. б. заттан түрлі бұйым жасайтын, өңдейтін мәшине.*

**СТАНСЫ** [ор. станция] зат. *Теміржол мен тағы басқа жол қатынастарының бойындағы жолаушылар тоқтайтын бекет.*

**СТАНЦИЯ** [лат. statio] зат. ***Стансы.*** **1.** *Теміржол мен тағы басқа жол қатынастарының бойындағы жолаушылар тоқтайтын бекет.* **2.** *Белгілі бір аймаққа қызмет істейтін қатынасы бар мекеме, кәсіпорын.*

**СТАПЕЛЬ** [лат. stapel] зат. экон. *Кеме тұратын, жөндейтін не жасайтын жер, сондай-ақ жасалған кемені суға түсіруге арналған еңіс іргетас.*

**СТАРЕЙШИНА** зат. тар. *Сайлау кезінде болатын құрметті қарт делегат мүшелерінің кеңесі.*

**СТАРОСТА** зат. *Сыныптағы, топтағы қоғамдық басшылық жұмыстарды жүргізетін, сайланып қойылған оқушы.*

**СТАРТ** [ағыл. start] зат. спорт. **1.** *Белгілі бір қашықтықты жеңу таласындағы спорттық жарыстың басталған жері.* **2.** *Ғарыш кемесі ұшарда берілетін белгі.*

**СТАРТЕР** [ағыл. starter] зат. тех. *Механикалық жолмен қозғалтқыштарға от беретін тетік.*

**СТАРШИНА** ор. зат. **1.** көне. *Ресей өкіметінің қазақтардың белгілі бір рулық топтарын басқару үшін сайлаған немесе тағайындаған адамы.* **2.** әск. *Қызыл армия мен соғыс-теңіз флотындағы кіші командирлік құрамның жоғары атағы, шендік белгісі.*

**СТАРШЫН** зат. сөйл. ***Старшина.***

**СТАТДЕРЕК** зат. *Статистикалық анықтама.*

**СТАТИВ** зат. *Электрондық жабдықты ұстап тұратын тағандарға, сөрелерге немесе плата ұстағыштарға арналған қаптама.*

**СТАТИКА** [грек. statike] зат. физ. *Механиканың күш әсеріндегі материалық денелердің тепе-теңдік шарттарын зерттейтін саласы.*

**СТАТИКАЛЫҚ** сын. *Орнықкан, қозғалмайтын.*

**Статикалық жүйе.** *Тұрақтандырылған режім кезінде (яғни сыртқы әсер шамасы тұрақты болғанда) реттелетін параметрдің мәні оның берілген мәнінен біршама ауытқуда (статикалық ауытқу) болатын әрі ауытқу шамасы жүйеге әсер етуші күш шамасында тәуелді болатын жүйе.*

**СТАТИСТ** [грек. statos] зат. *Санақшы, қызметкер.*

**СТАТИСТИКА** [лат. status] зат. *Қоғам мен халық шаруашылығының дамуындағы сандық өзгерісті көрсететін ғылым.*

**Статистиканың жалпы теориясы.** *Статистикалық ғылымның негүрлым жалпы категорияларын, қағидаларын және әдіснамасын зерделейтін саласы.*

**СТАТИСТИКАЛЫҚ** сын. *Статистикаға тән, статистикаға қатысты.*

**СТАТОСКОП** [грек. statos – тұрған, қозғалмайтын, грек. skopeo – қарау, бақылау] зат. физ. *Негізінен аэрофототүсірім кезінде ұшу биіктігінің өзгерісін тіркеуге арналған аспап.*

**СТАТОЦИСТАЛАР** зат. *Қосжақтаушылардың аяғында орналасатын тепе-теңдік мүшелері.*

**СТАТУС** [лат. status] зат. *Азаматтың немесе заңды тұлғаның құқықтық жиынтығы мен міндеті жөніндегі құқықтың жағдайы, мәртебе.*

**СТАТУТ** [лат. statutum] зат. құқық. **1.** *Жекелеген мемлекетішілік және халықаралық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру тәртібін*

*белгілейтін ереже, жарғы.* **2.** *Ұлыбритания парламенті және бірқатар ағылшын-саксондық құқық жүйесіндегі елдердің (Аустралия, Канада, Үндістан т.б.) жоғары өкілдік органы шығаратын заңнамалық акт.*

**СТАТУТТЫҚ** сын. құқық. *Статутқа тән, статутқа қатысты.*

**СТАТУЭТКА** [франц. statuette] зат. *Сымбат өнер суреті, мүсін.*

**СТАТУЯ** [лат. statua] зат. *Адамды немесе басқа жануарларды сәулет өнері арқылы бейнелеу, мүсін.*

**СТАТЬЯ** зат. құқық. *Заңның, заң тәртібіне байланысты құжаттың тарауы, тармағы; бап.*

**СТАФФАЖ** [нем. Staffage] зат. өнер. *Кескіндеме композициясындағы қосалқы элементтер.*

**СТАХАНОВШЫ** зат. тар. совет. *Жұмыс жоспарын асыра орындайтын маңдайалды жұмыскер.*

**СТАХИБОТРИОТОКСИКОЗ** [лат. stachybotryotoxicosis] зат. вет. *Stachybotrys alternans дейтін грибоктың уыты сіңген көлемді азықтарды, әсіресе сабан, топан жеп улану.*

**СТАЦИЯ** [лат. statio] зат. биол. *Популяция немесе жануарлар түрінің, жеке дара организмнің тұрақты түрде немесе уақытша пайдаланатын мекен орны.*

**СТАЦИОНАРЛЫҚ: стационарлық емдеу.** мед. *Науқастардың ауруханада ұзақ уақыт жатып ем қабылдайтын емдеудің түрі.*

**СТАЧКА** зат. экон. *Бой көрсету, сес көрсету.*

**СТЕАРАТТАР** зат. хим. *Стеарин қышқылының тұздары мен эфирлерінің жалпы атауы.*

**СТЕАРИН** зат. *Пальмитин қышқылы мен стеарин қышқылы қоспасының техникалық аты.*

**СТЕАРИН** зат. хим. *Стеарин қышқылының негізіндегі құрамына басқа да жоғары май қышқылдары кіретін заттар қоспасы.*

**СТЕАТИТ** [грек. stear (steatos)] зат. мин. **1.** *Минерал, тальктің бір түрі.* **2.** *Тальктi өңдеу арқылы алынатын жасанды айырғыш материал.*

**СТЕГОЗАВРЛАР** [лат. stegosaurus] зат. зоол. *Құсжамбасты динозаврлар отрядына жататын, жойылып кеткен бауырымен жорғалаушылар.*

**СТЕЙТМЕНТ** зат. экон. *Таймшиттің орнына толтырылатын құжат.*

**СТЕКА** [итал. stecca] зат. көркемөнер. *Сазбалшық, пластиллин секілді жұмсақ материалмен жұмыс істеу үшін ағаштан, металдан не сүйектен жасалған, жұмыс істейтін жағы жалпақ таяқша.*

**СТЕЛЛАЖ** [нем. Stellage] зат. экон. **1.** *Бағалы қағаздармен жасалатын мерзімді мәміле нысаны.* **2.** *Сөре, ұлдірік.*

**СТЕЛЛИТ** [лат. stella] зат. хим. *Кобальт негізіндегі құрамында хром, вольфрам, көміртек, кремний бар құйма; машина, станоктар детальдарын жасауда қолданылады.*

**СТЕМ** зат. экон. *Жүктің белгілі бір күні бар екенін жүк жөнелтушінің куаттауы.*

**СТЕНД** [ағыл. stand] зат. *Әртүрлі суреттер, портреттер, графиктер ілінген тақта.*

**СТЕНД-СТИЛЬ** зат. экон. *Борышқор немесе несие беруші коммерциялық банкілер арасындағы ұзақ мерзімді және орта мерзімді несие бойынша негізгі төлемдердің мерзімін ұзарту туралы және қысқа мерзімді борышқорлық міндеттемелерді жаңарту туралы уақытша келісім.*

**СТЕНОГАЛИНДІ: стеногалинді организмдер.** биол. *Топырақ құрамындағы, су құрамындағы тұздылықтың айтарлықтай мөлшеріне төзе алмайтын организмдер тобы.*

**СТЕНОГРАММА** [грек. stenos – қысқаша, грек. gramme – жазба] зат. *Біреудің сөйлеген сөзін ешқандай өзгеріссіз нақ сол қалпында стенографиялық белгілер арқылы жазу, қағаз бетіне түсіру ісі.*

**СТЕНОГРАФИСТ** зат. *Біреудің сөйлеген сөзін стенографиялық белгілермен жазып алуға машықтанған маман адам.*

**СТЕНОГРАФИЯ** [грек. stenos – қысқаша, грек. grapho – жазамын] зат. *Сөйлеп тұрған кісінің айтқандарын ерекше белгілер арқылы бұлжытпай тез жазып алу амалы.*

**СТЕНОГРАФИЯЛА=** ет. *Біреудің сөзін стенографияға түсіру.*

**СТЕНОГРАФИЯЛАУ** *Стенографияла етістігінің қимыл атауы.*

**СТЕНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Стенография арқылы жазылған.*

**СТЕНОЗ** [грек. stenos] зат. вет. *Өңеш, ішек, кеңірдек, бронх, артерия сияқты органдар түтігінің таралуы.*

**СТЕНОКАРДИЯ** [грек. stenos – жіңішке, тар және kardia – жүрек] зат. мед. *Жүректің ишемиялық ауруларының негұрлым кең тараған түрі, жүректің демікпелі ұстама ауруы.*

**СТЕНОТОПТЫ: стенотопты организмдер.** биол. *Белгілі бір тіршілік жағдайларына ғана бейімделген, экологиялық амплитудасы тар болып келетін организмдер тобы.*

**СТЕНОФАГТАР** зат. биол. *Жануарлардың қорек көзінің бір түріне ғана маманданған жағдайы.*

**СТЕРДЖИНГ** зат. экон. *Жоғары сұранымға ие акциялар шығарылады деп күту.*

**СТЕРЕОИЗОМЕРИЯ** зат. хим. *Молекулалардың қасиеттеріндегі айырмашылық, олардағы атомдық топтамалардың немесе жеке атомдардың кеңістіктегі орналасуына байланысты болатын құбылыстар.*

**СТЕРЕОИЗОМЕРЛЕР** зат. хим. *Стереоизомерия әсерінен пайда болатын изомерлер.*

**СТЕРЕОХИМИЯ** зат. хим. *Молекулалардың кеңістіктік құрылысын және оның заттардың физикалық-химиялық қасиеттеріне әсерін зерттейтін химияның бөлімі.*

**СТЕРИНДЕР** зат. хим. *Майлардың сабындалмайтын фракцияларынан бөлініп алынатын қаныққан және қанықпаған екіншілік спирттер.*

**СТЕРКОБИЛИН** [лат. stercus – нәжіс, bilis – өт] зат. вет. *Ішекте өт пигменті – билирубин ыдырауынан пайда болатын нәжіс пигменті.*

**СТЕРЛИНГ** [ағыл. sterling] зат. *Англиядағы ақша өлшемінің бірлігі.*

**СТЕРЕО** [грек. stereos – көлемдік, денелік, кеңістіктік] зат. *Көлемділікті немесе кеңістікке тарала орналасуды білдіретін біріккен сөздің бөлігі (мыс., стереометрия, стереокино, стереография т.б.).*

**СТЕРЕОБАТ** [грек. stereobates] зат. сәулет. *Көне заман сәулет өнерінде ежелгі грек ғибадатханалары мен бағана астына бірнеше қабат тақталардан сатылап орнатылатын тұғыр.*

**СТЕРЕОКИНО** зат. *Экранда кескіннің көлемді бейнесін көрсететін кино.*

**СТЕРЕОМЕТРИЯ** [грек. stereos – кеңістік, грек. metron – өлшеу] зат. геом. *Элементар геометрияның кеңістіктегі фигуралардың қасиеттерін зерттейтін бөлімі.*

**СТЕРЕОСКОП** [грек. stereos – кеңістік, грек. skopeo – қараймын, бақылаймын] зат. физ. *Белгілі бір жердің немесе жеке нәрселердің бейнелерін көлемдік қалыпта қарауға арналған оптикалық аспап.*

**СТЕРЕОТРУБА** зат. әск. *Әртүрлі қашықтықтағы нысаналарды бақылау үшін пайдаланылатын артиллериялық оптикалық аспап.*

**СТЕРЕОХИМИЯ** зат. хим. *Теориялық химияның бір саласы.*

**СТЕРОИДТАР** зат. хим. *Табиғи биологиялық белсенді сабындалмайтын липидтердің класы; құрамында өт қышқылдары, жыныстық гормондар, бүйрек үсті қабатының гормондары және кейбір улар мен алколоидтар болады.*

**СТЕТОСКОП** [грек. stethos – көкірек, skopeo – қараймын, зерттеймін] зат. вет. *Сау және ауру мал денесінде пайда болған дыбыстарды (жүрек, өкпе, ішек-қарын шуылы) тыңдауға арналған, бір ұшы сәл ғана, екінші ұшы едәуір кеңейтілген дәрігерлік құрал.*

**СТЕРЕОТИП** зат. **1.** полигр. *Көп таралымды кітаптарды қайта басуға керекті құрал.* **2.** саяси. *Таптаурын.*

**СТИБИН** зат. хим. *SbH3 - сурьма (III) гидриді, жағымсыз иісті, түссіз газ, күшті у; оңай ыдырайтын ұшқыш зат.*

**СТИБОР** зат. экон. *Портта жүк тиеу, түсіру жұмыстарының орындалуын бақылаушы өкіл.*

**СТИГМЕРГИЯ** зат. психол. *Адамның шығармашылық еңбек үдерісіне берілу феномені, адамның еңбекке өздігінен ынталануы.*

**СТИЛИСТИКА** [лат. stylus] зат. лингв. *Тіл білімінің тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерін, қолданылу аясын, қатысымдық әрекет-қызметін зерттейтін саласы.*

**СТИЛОБАТ** [лат. stylobates] зат. сәулет. *Көне заман сәулет өнерінде ежелгі грек ғибадатханалары мен бағана тұғырының – стереобаттың ең үстіңгі қабаты немесе жоғары беті.*

**СТИЛЬ** [грек. stylos] зат. **1.** *Заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі, сипаттық бейне ұқсастығы.* **2.** лингв. *Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне байланысты жіктелетін әдеби тілдің функционалдық түрі.* **3.** әдеб. *Қаламгердің жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі.*

**СТИЛЬ-ЧЕЗ** зат. спорт. *Кедергілер арқылы секіру.*

**СТИМЕР** зат. инф. *Қатты дискідегі мәліметтерді резервте сақтап қоюға арналған көлемді мәлімет жинақтайтын магниттік таспадағы компьютерлік құрылғы.*

**СТИМУЛЯЦИЯ** [лат. stimulus] зат. **1.** *Ағзаны қоздыратын кез келген оқиға, іс-қимыл немесе қозудың өзі.* **2.** биол. *Өсімдіктердің жылдам дамуы үшін химиялық заттектер арқылы әсер ету.*

**СТИПЕНДИАТ** зат. *Стипендия алып тұратын студент.*

**СТИПЕНДИЯ** зат. *Оқу орындарында студенттерге ақшалай берілетін тұрақты жәрдем.*

**СТИПЛ-ЧЕЗ** [ағыл. steeple – қоңырау және chase - қуу] зат. спорт. *Алдын ала қоңырау ілінген белгі қойылған орынға дейін ойлы-қырлы жерлермен атшабыс немесе жаяу жарыс ұйымдастыру.*

**СТИРОЛ** зат. хим. *Өндірісте бензол мен этиленнен алынатын, көксағыздар мен полимерлер синтездеуде мономер ретінде қолданылатын, суда ерімейтін, түссіз сұйық зат.*

**СТИХИЯ** [грек. stoicheion] зат. *Күтпеген апат, сұрапыл жағдай; кездейсоқ табиғат құбылысы.*

**СТИХИЯЛЫҚ** сын. *Күтпеген, сұрапыл.*

**СТОКБРОКЕР** зат. экон. *Өз тапсырыскерлері үшін жарнапұлды не акцияларды сатып алатын не сататын тұлға.*

**СТОК-ВОТЧЕР** зат. экон. *Акцияны бақылаушы [Қор биржасында тіркелген акциялармен жасалатын сауда қызметін, олардың қозғалысын басқаратын компьютерлік қызмет].*

**СТОКИСТ** зат. экон. *Импорт қылатын елдегі экспорттық, импорттық операцияларды консигнация туралы арнаулы шарт негізінде жүзеге асыратын фирма.*

**СТОК-НОТ** зат. экон. *Экспортты сатуға ұсынатын ағаш материалдарының жекелеген топтамаларының тізбесі.*

**СТОЛ** зат. **Үстел** *(тамақ ішуге, жазу жазуға арналып, тіреуіш сирақтарға орнатылған үй жиһазы).*

**Стол теннисі.** *Теннис спортының бір түрі.*

**СТОМАТИТ** [грек. stomatos] зат. мед. *Ауыздың шырышты-кілегей қабығының қабынуы.*

**СТОМАТОЛОГ** зат. мед. *Стоматология маманы, тіс дәрігері.*

**СТОМАТОЛОГИЯ** [грек. stoma, stomatos – ауыз, logos – ілім] зат. мед. *Клиникалық медицинаның тіс, ауыз қуысы, жақ сүйектері, бет пен мойынның оған шектесетін бөліктерінің ауруларын зерттейтін саласы.*

**СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Стоматологияға тән, стоматологияға қатысты.*

**СТОП-АУТ-ПРАЙС** з а т . э к о н . *Қазынашалық вексельдер белгілі бір аукционда сатылатын ең төмен баға.*

**СТОП-ЛИМИТ-ОРДЕР** з а т . э к о н . *Бағалы қағаздар делдалына белгілі бір бағаға немесе, дұрысы, тоқтатын бағаға қол жеткізілгеннен кейін сатып алу не сату жөнінде нұсқау берілген ордер.*

**СТОТИНКА** з а т . э к о н . *Болгарияның ұсақ тиыны, 1/100 левке тең.*

**СТРАДЛ** з а т . э к о н . *Мерзімдік төрелік мәмілесі.*

**СТРАТЕГ** [грек. strategos] з а т . *Стратегия маманы, қолбасшы.*

**СТРАТЕГИЯ** [грек. strategia] з а т . **1.** *Қоғамдық, саяси күреске басшылық өнері, оны жүргізудің қоғам (кәсіпорын, партия) дамуының нақты кезеңінің жағдайларынан туындайтын жалпы жоспары.* **2.** ә с к . *Соғыс жүргізу өнері.*

**Стратегиялық әріптес.** қ о ғ - с а я с и . *Мақсат-мүддесі бірдей мемлекет, қоғамдық ұйым т.б.* **Стратегиялық бүркемелер.** ә с к . *Жоғарғы бас қолбасшының бұйрығымен жүзеге асырылып, стратегиялық операциялар мен науқанды шараларға дайындық құпиясын сақтау және қарсыластарға әскердің шын мақсатын сездірмеу үшін жасалатын бүркеме.* **Стратегиялық десант.** ә с к . *Стратегиялық мақсатттағы тапсырманы орындау үшін әртүрлі әскери бөлімдер мен құрамалардан немесе арнайы әскерлерден тұратын арнайы әскери бөлім.*

**СТРАТИГРАФИЯ** [лат. stratum – төсеніш, қабат, grapho – жазамын] з а т . к е н . *Тау жыныстарының түзілу жағдайларын, жасын, жатыс кезектестігін зерттейтін геологияның бөлімі.*

**СТРАТИГРАФИЯЛЫҚ** к е н . с ы н . *Стратиграфияға қатысты, стратиграфияға тән.*

**Стратиграфиялық баған**а. к е н . *Жер қыртысын түзетін тау жыныстары стратиграфиялық бөлімшелерінің кезектілігі мен телелестігін көрсететін бағана.* **Стратиграфиялық корреляция.** г е о л . *Жер тарихын анықтау және оның жалпы мәселелерін шешу үшін қолданылатын корреляция түрі.*

**СТРАТОСТАТ** з а т . а с т р . *Стратосфера қабатына ұшуға арналған арнаулы жабдықтармен жабдықталған аэростат.*

**СТРАТОСФЕРА** [лат. stratum – қабат, грек. sphaira – шар] з а т . а с т р . *Атмосфераның тропосфера мен мезосфера аралығындағы жоғарғы қабаты.*

**СТРЕЛКАШЫ** з а т . *Теміржолдағы рельсті ашып-жауып тұратын жұмысшы.*

**СТРЕПТОКОКК** з а т . б и о л . *Жұқпалы ауруларды қозғаушы бактерия.*

**СТРЕПТОМЕЦИН** [лат. streptomycinum] з а т . в е т . *Steptomyces тектес микробтар бөліп шығаратын антибиотик.*

**СТРЕПТОМИЦИН** з а т . м е д . *Көптеген бактерияларды жойып жіберетін, суда ерігіш сарғыш ұнтақ зат.*

**СТРЕПТОЦИД** [лат. streptocidum] з а т . в е т . *Суда сәл еритін, спиртте айтарлықтай ерімейтін, тез күкірт бөліп шығаратын препараттармен, новокаинмен, анестезинмен, барбитураттармен сыйыспайтын иіссіз ақ ұнтақ.*

**СТРЕСС** [ағыл. stress] з а т . *Белгілі бір фактордың тіршілік иесіне келтіретін қысымы; физиологиялық процестердің жайлы қалыптан ауытқып, организмге қолайсыздық тудыруы.*

**СТРИНГ** з а т . э к о н . *Аукциондағы саудасаттық өлшемі; аукциондық сауда-саттықпен бірге ортақ бағамен сатылатын акцияларды сатып алу.*

**СТРИП** з а т . э к о н . **1.** *Несие элементі.* **2.** *Дивидент алу мақсатымен акцияларды сатып алу.*

**СТРИППЕР** [ағыл. stripper] з а т . т е х . *Қалыпқа құйылған металды итеріп шығаратын механизм.*

**СТРИПТИЗ** [ағыл. striptease] з а т . *Артистер музыкалық сахнада біртіндеп жалаңаштанатын эстрадалық көрсетілім.*

**СТРИХНИН** [грек. strychnos] з а т . м е д . *Алколоид оның азот қышқылды тұзды су мен спиртте, эфирде айтарлықтай ерімейтін, қайнап жатқан суда тез еритін түссіз ақ ұнтақ.*

**СТРОМА** [грек. stroma] з а т . в е т . *Қаңқа; дәнекер тканьнен тұратын қаңқа.*

**СТРОНГИЛИДОЗДАР** з а т . *Жұмырқұрттар тудыратын ішқұрт ауруларының бір тобы.*

**СТРОНГИЛЕЗ** [strongylesis] з а т . в е т . *Ересегі жылқының тоқ ішегінде, личинкасы ұйқы безінде тоғышар тіршілік ететін жұмыр құрт – strongylus equines тудыратын, ұйқы безін қабындырып, оның қызметін нашарлататын гельминтоз ауруы.*

**СТРОНЦИАНИТ** з а т . х и м . *Карбонаттар класының минералы [құрамына стронций карбонаты және Са, Ва қоспалары кіреді; стронций кені болып келеді].*

**СТРОНЦИЙ** [лат. strontium] з а т . х и м . *Элементтердің периодтық жүйесінің ІІ тобындағы химиялық элемент.*

**Стронций нитраты.** х и м . *Пиротехникалық құрамға қызыл күрең түс беретін құрауыш ретінде қолданылатын зат.* **Стронций хроматы.** х и м . *Тұрақты эмальдар, жемірлікке қарсы сылақтар, т.б. өндірісінде пигмент ретінде қолданылатын қышқыл.*

**СТРОФАНТИН** [strophanthinum] з а т . в е т . *Су мен спиртте сәл еритін қышқылтым ақ не сары ұнтақ.*

**СТРУКТУРАЛИЗМ** [лат. structura] з а т . **1.** *ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап гуманитарлық білімдер саласында қалыптасып келе жатқан бағыт.* **2.** л и н г в . *ХХ ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған лингвистикалық ағым.*

**СТРУКТУРАЛЫҚ** с ы н . *Структурализм ағымына қатысты.*

**Структуралық тіл білімі.** л и н г в . *Тілдің құрылысы мен жүйесін, тіл туралы ғылымның ішкі логикалық даму үдерісін зерттейтін бағыт.*

**СТРУМА** [лат. struma] з а т . м е д . *Қалқанша бездің қабынуы; зоб.*

**СТРЭП** з а т . э к о н . *Ұсыныс бойынша бір опцион сұраныс бойынша екі опционмен ұштастырылатын опциондық шарт.*

**СТУДЕНТ** [лат. studentis] з а т . *Жоғары оқу орындарында оқитын шамамен 18–25 жас аралығындағы оқушы.*

**Студент кез.** *Студенттік жылдар, студенттік шақ.* **Студенттер конференциясы.** п е д . *Студенттердің белгілі бір тақырып бойынша баяндама жасап, пікір алысатын конференциясы.* **Студенттер сарайы.** *Студенттер жиналысы, түрлі мәдени іс-шаралар өткізілетін орын, үй.*

**СТУДЕНТТІК** с ы н . *Студентке тән, студентке арналған.*

**СТУДИЯ** [итал. studio] з а т . **1.** *Кескіндемеші, мүсінші мен фотограф жұмысына арналған арнаулы орын, шеберхана.* **2.** *Кескіндемеші мен мүсіншілерді даярлайтын оқу орны, мектеп.* **3.** *Шығармашылық және оқу қызметін жүргізуді мақсат ететін театр ұжымы.*

**СТЭНД-БАЙ** з а т . э к о н . *Несие шартының талабы [Бұл шарт бойынша банк уағдаласылған соманы белгіленген мерзімге сақтайды, ал клиент оны несиеге мұқтаждығына қарай ішінара немесе толық пайдаланады].*

**СУ**[1] з а т . **1.** *Өзен, көл т.б. түзетін түссіз мөлдір сұйық зат. // Құрғақ емес, ылғалды, дымқыл.* **2.** *Өзен, көлдің жалпы атауы.* **3.** х и м . *Қалыпты жағдайда сутек пен оттек 1:8 көлемдік қатынаста болатын тұрақты қарапайым химиялық қосылыс; сутек оксиді, H2O.* **4.** *Мұрыннан шығатын мөлдір сұйық зат, сора.* **5.** а у ы с . *Тиянағы жоқ, байлаусыз, мәнсіз, бос нәрсе.*

**Су ағымы.** ф и з . *Өзен арналарының көлденең қимасы арқылы белгілі уақыт аралығында ағып өтетін су көлемі.* **Су айналымы.** г е о г р . *Күн радиациясы мен ауырлық күшінің әсерінен судың үздіксіз орын ауыстыру процесі.* **Су айрығындағы батпақ.** г е о г р . *Суы өте қышқыл, түсі шайға ұқсас, гумус қышқылына бай, әдетте су айрығы немесе өзеннің бас жағында болатын ылғалды жер телімінің бір түрі.* **Су алды.** а) *Су ішті, суланды, ылғалданды.* ә) *Су тасып, су басып кетті.* **Су аяғы – Сүлеймен.** м и ф . *Су біткеннің бәрі құятын ең алыс жер.* **Су аяғы құрдым.** а) *Жер түбі.* ә) *Аяғы, ақыры сұйылды деген мағынада.* **Су аяғы құрдымға айналды.** *Жоқ болды, құрыды, зым-зия жоғалды.* **Су аяғы құрдымға кетті.** *Бәрі бітті, қырсық шалды.* **Су байлады.** *Суды керек жағына бұрды, су ұстады.* **Су барқыны.** *Су жағасындағы көкорай, шалғынды жер.* **Су басатын зона.** г е о г р . *Су басатын аймақ (бөгет, платиналар құру нәтижесінде су басатын аймақ).* **Су басты.** *Сел қаптап, жер-көкті су алды.* **Су басу.** *Жер бетіндегі ағын сулардың немесе жерасты сулары деңгейінің көтерілуі.* **Су басы жоғары болсын.** т і л е к . ж е р г . *Егін суы мол болсын, шығымды болсын деген мағынада.* **Суға кетірді.** а) *Өлтірді, өлуіне, суға батып кетуіне себепші болды.* ә) *Зиянын тигізді.* **Суға кеткен тал қармайды.** *Амалы құрыған адам нені болса да көмек тұтады деген мағынада.* **Суға кетті.** *Суға батып, опат болды.* **Судан суға шүйгу.** *Еркін қызыққа кенелу.* **Судан тұнық, сүттен аппақ.** *Адал, ешбір күнәсы жоқ.* **Судан шыққан [суға түскен] тауықтай.** *Иіні түскен, жүні жығылған.* **Суды жырып алды.** *Ағын суды өз арнасынан бөлек жол салып, бұрып алу.* **Судың да сұрауы бар.** *Не болса да жөнімен, ысырапсыз жұмсау керек деген мағынада айтылады.* **Судың күйғаны.** *Өзен салаларының түйіскен жері.* **Судың ластануы.** э к о л . *Су құрамының бұзылып, жарамсыз күйге көшуі.* **Су жаңа.** *Ешкім ұстамаған, ине-жіптен жаңа ғана шыққан зат.* **Су жолы.** к ө л і к . *Су көлігі (кеме) қатынайтын су айдыны.* **Су жұқтырмай мақтады.** *Еш жаман сөз жолатпай мадақтады, дәріптеді.* **Су жықты.** *Арықтың, арнаның ағысын бұрды.* **Су деңгейі.** г е о г р . *Су қоймалары мен су ағыстары еркін бетінің кез келген шартты жазық бетке немесе теңіз деңгейіне қарағандағы биіктігі.* **Су иесі Сүлеймен.** м и ф . *Мифтік наным бойынша, судың пірі, жебеушісі.* **Су көздері.** г е о г р . *Жерасты суларының жер бетіне (кейде су астына) өздігінен шоғырлана шығатын жері.* **Су көлігі.** т е х . *Жолаушылар мен жүктерді табиғи су (өзен, көл, теңіз, мұхит, бұғаз) және жасанды су (арналар, су қоймалары т.б.) жолдарымен тасымалдайтын көлік түрі.* **Су қайтару.** г е о л . *Суға қаныққан тау жынысының еркін күйдегі суды бөлуі.* **Су қайтты.** *Тасқын сарқылып азайды, тартылды.* **Су қапталдығына да келмейді.** *Онша терең емес (су).* **Су қара көк танды.** *Ақталып, өзін арашалап, мойындамай қойды.* **Су қатынасы.** *Су жолдары арқылы жасалатын барыс-келіс, кеме қатынасы.* **Сумен жылыту.** *Ыстық сумен жылыту құралдары арқылы берілетін жылу.* **Су мүйіз болған танадай.** *Айналшық болған тана сияқты.* **Су орды.** *Су ағысы қазып кетті; жырды.* **Су өтті.** *Жаңбырдың астында қалды, су болды.* **Су сепкендей басты.** *Сап тыйды, бірден тоқтатты.* **Су сепкендей басылды.** *Пышақ кескендей тыйылды, бірден тоқтады, сап тыйылды.* **Су таза.** *Тап-таза, қоспасыз.* **Су тасқыны.** г е о г р . *Су деңгейінің көтерілуінен болатын апат.* **Су тегін.** *Арзан, қымбат емес.* **Су тиді.** *Су-су болды, суланды.* **Су төгілмейтін [төгілмес, судай] жорға.** а) *Нағыз майталман жорға.* ә) *Тілге шешен, сөзге жүйрік.* **Су төгілмес жорғалық.** *Сөзге жүйріктік, шешендік, шеберлік.* **Су төккісіз жорға болды.** *Құрдай жорғалады, бөйек болды.* **Су түбіне [тереңге, терең түбіне] батырды.** *Құртты, жоқ қылды, келмеске жіберді.* **Су түбіндегі уылдырықтар.** б и о л . *Судың меншікті салмағынан ауыр, шырышты уылдырық.* **Су түбіне кетті.** *Құрыды, басы кетті.* **Су шайқалмас жорға.** *Үстінде кесеге құйылған қымыз шайқалып, төгілмейтін жорға.* **Су шаңғысы.** с п о р т . *Су*

*бетінде сырғанауға арналған шаңғы.* **Су шығыны.** физ. геогр. *Өзеннің, каналдың, құбырдың көлденең қимасынан бір секунд ішінде ағып өтетін судың мөлшері [Ол текше метрмен өлшенеді].* **Су ішкен құдыққа түкірді.** *Өзін ержеткізген немесе өзіне жақсылық жасаған ортаға, адамдарға, қоғамға опасыздық жасады.*

**СУ**[2] зат. қолөнер. **1.** *Өрнектердің арасын бөліп тұратын нақыш.* **2.** *Кілемнің көлі мен жиегіндегі қорғанын ажырату үшін айналдыра жүргізілетін нақыш [Ол кілемнің негізгі түсінен басқа түсті жіптерден (ақ, қара, жасыл, көк) ирексу, толқын, тіс және т.б. өрнектермен жіңішке етіп жүргізіледі].*

**СУ**[3]**: жүрегі [тұла бойы] су ете түсті [қалды].** *Қатты қорықты, үрейі ұшты.*

**СУАҒАР** зат. **1.** анат. *Жоғары еріннің үстіндегі ойыс.* **2.** *Су ағатын арық, жыра.* **3.** этн. жерг. *Киіз үйдің киіз есігінің төменгі етегі.*

**СУАҒАШ** зат. сөйл. жерг. ***Иінағаш.***

**СУАЙДЫН** зат. *Судың жиналған орны, көл, хауыз, алап.*

**СУАЙРЫҚ** зат. геогр. *Беті және атмосфералық жауын-шашын ағындарын екі беткейге бөлетін Жер бетіндегі шартты сызық.*

**СУАЙРЫҚ** зат. балықшар. *Ағын суды екі жаққа айырып, ағызатын қалқан жал.*

**СУАЙТ** зат. *Ылғи жалған сөйлейтін өтірікші.*

**СУАЙТТАУ** сын. *Аздаған өтірігі бар, жалған сөйлейтін.*

**СУАЙТТЫҚ** зат. *Жалған сөйлеушілік, өтірік айтушылық.*

**СУАҚ** зат. жерг. *Арық арна.*

**СУАЛ=** ет. **1.** *Судың бұға айналып тартылуы; кебу, құрғау.* **2.** *Сүт шықпай қалу.* **3.** ауыс. *Арықтау, жүдеу, қусырылу.* **4.** ауыс. *Жабырқау, көңілі, еңсесі түсу.* **5.** ауыс. *Қуару, солу.*

**СУАЛАҢ** зат. *Жүзуге ыңғайлы жер, алап, жабық жүзу алаңы.*

**СУАЛДЫР=** ет. **1.** *Сүтін қайтару.* **2.** ауыс. *Арықтату, жүдету.* **3.** ауыс. *Бәрін жоққа шығару, қара түнек орнату, қуарту.*

**СУАЛДЫРУ** *Суалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**СУАЛМА** зат. жерг. *Су жайылған жер.*

**СУАЛТ=** ет. **1.** *Қуарту, құрғату.* **2.** *Сүтін қайтару.* **3.** ауыс. *Көңілін, еңсесін түсіру, жабырқату.*

**СУАЛТУ** *Суалт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сүтін қайтару, емшектен шығару.* **2.** ауыс. *Қуартып солдырту, еңсесін түсіру, жабырқату.*

**СУАЛУ** *Суал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кебу, құрғау, тартылу, сарқылу.* **2.** *Сүті қайту.* **3.** *Көзден жас шықпау, таусылу.*

**СУАЛЫҢҚЫ** сын. *Арықтаған, жүдеу.*

**СУАР=** ет. **1.** *Малға және басқа үй хайуандарына су беру, шөлін қандыру, суғару.* **2.** *Жерді, егінді, өсімдікті ылғалдандыру, суға бөктіру, су құю.* **3.** *Қызған ыстық темірді суға батырып қатайту, шыңдап құрыштай түсу.*

**СУАРМА** сын. сөйл. ***Суармалы.***

**Суарма егін.** егіншар. *Суғарылатын, суғару арқылы өсірілетін егін.*

**СУАРМАЛЫ** сын. *Суғарылатын, су арқылы шығатын.*

**Суармалы егіншілік [егістік].** егіншар. *Суғарылатын, суғаруға мүмкіндігі бар егін шаруашылығы.*

**СУАРТ=** ет. **1.** *Суғарту, су ішкізу.* **2.** *Жерге, егінге су құйдыру.*

**СУАРТУ** *Суарт етістігінің қимыл атауы.*

**СУАРТЫЛ=** ет. *Өткірлену, құрышталу, қатайтылу.*

**СУАРТЫЛУ** *Суартыл етістігінің қимыл атауы.*

**СУАРУ** *Суар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малға су беру, суғару.* **2.** *Жерді, егінді, өсімдікті ылғалдандыру, су құю.* **3.** *Қызған ыстық темірді суға батырып қатайту, шынықтыру.*

**СУАРУШЫ** зат. *Мал мен өсімдікке су беруші, сушы, суғарушы.*

**СУАРЫЛ=** ет. **1.** *Су берілу, суғарылу.* **2.** *Жердің, егіннің, өсімдіктің ылғалдандырылуы.* **3.** *Қылыш жүзінің суға батырылып қатайтылуы.* **4.** ауыс. *Малыну, көмкерілу.*

**СУАРЫЛУ** *Суарыл етістігінің қимыл атауы; суғарылу.*

**СУАРЫМ** зат. *Суару мөлшері.*

**СУАРЫС=** ет. **1.** *Малға су берісу, суғарысу.* **2.** *Жерге, егінге, өсімдікке су жіберісу, суландыруға, ылғалдандыруға көмектесу.*

**СУАРЫСУ** *Суарыс етістігінің қимыл атауы.*

**СУАСТЫ** сын. **1.** *Су бетінен төмен, астыңғы қабатындағы.* **2.** *Өзен, көл, теңіз және т.б. сулардың тереңіндегі қабаты.*

**Суасты скафандры.** *Сүңгуірді сыртқы ортадан оқшаулайтын әрі су өтпейтін қабат түзетін сүңгу жабдықтарының бірі.*

**СУАТ** зат. **1.** *Өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.* **2.** ауыс. *Көзі, бастауы, арнасы деген мағынада.*

**СУАТТЫ** сын. *Суаты көбірек, суаты көп.*

**СУАУРУ** зат. вет. *Су тасыған жылы, сулы, сазды, дымқыл жайылымды жерден пайда болатын жұқпалы аурудың аты; түйе малында болатын жалқаяқ ауру.*

**СУАУЫЗ** зат. *Аузыннан сілекейі шұбырып аға беретін бала ауруы.*

**СУАЯҚ** сын. жерг. *Алаяқ, қу.*

**СУӘЙНЕК** зат. балықшар. *Жұмыр денелі омыртқасыз жәндіктерді аулауға арналған шыны табанды төрт бұрышты ыдыс.*

**СУБАКВАЛДЫҚ** сын. геол. *Су түбінде деген мағына беретін анықтауыш.*

**СУБАЛЬП: субальпі белдеуі.** геогр. *Қоңыржай және субтропиктік ендіктердегі тауда орман белдеуі мен альпі белдеуі аралығында орналасқан биіктік белдеу.*

**СУБАЛЬПІЛІК: субальпілік белдеу.** геогр. *Биік таулардағы альпілік белдеуден төмен, шалғынды орман белдеуінен жоғары орналасқан табиғи белдеу.*

**СУБАНТАРКТИКАЛЫҚ: субантарктикалық белдеу.** геогр. *Оңтүстік жартышардағы антарктикалық және қоңыржай белдеулері (58 – 60° және 65 – 67° о.е.) аралығындағы аймақ.*

**СУБАРКТИКАЛЫҚ: субарктикалық белдеу.** геогр. *Солтүстік жартышардағы арктикалық және қоңыржай белдеулер (60–65° және 67–73° с.е.) аралығындағы аймақ.*

**СУБАСЫ** зат. жерг. *Шығырдың үлкен дөңгелегі.*

**СУБАЭРАЛДЫҚ** сын. хим. *Ауа қабатында деген мағына беретін анықтауыш.*

**СУБЕТЕГЕ** зат. өс. <лат. festuca pratensis> *Биіктігі 30-100 см, астық бетеге тұқымдасына жататын, көпжылдық сирек түпті өсімдік.*

**СУБВЕНЦИЯ** [лат. subvenire] зат. экон. *Белгілі бір мақсат үшін мемлекеттің жергілікті жерлер мен шаруашылық саласына беретін көмегі, қаражаты; жәрдемқаржы.*

**СУБВУЛКАНДАР** зат. геол. *Жер қойнауының біршама саяз тереңдіктерінде шоғырланған не жер бетімен (жанартау көзімен) тікелей байланыста қалыптасқан интрузиялық денелер.*

**СУБДУКЦИЯ** зат. геол. *Спрединг процесі нәтижесінде континент жағалауларына жылжып жеткен мұхиттық литосфераның сол литосфера қозғалысына қарсы бағытталған немесе «тыныш тұрған» континенттік литосфера астына қарай сұғынуы.*

**СУБЕДЕ** зат. өс. <лат. menyanthes> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СУБЕКЕМДІЛІК** зат. геол. *Таужыныстың судың эрозиялық, әрекетіне қарсылық қабілеті.*

**СУБЕТЕГЕ** зат. өс. *Бетегенің сулы жерде өсетін түрі; астық тұқымдас, биіктігі 40-120 см-дей, көпжылдық шөп.*

**СУБЗАЙМ** зат. экон. *Қосалқы қарыз, бұрын берілген несие есебінен берілген қарыз.*

**СУБИДАЙЫҚ** зат. өс. *Дәнді дақылдар тұқымдасына жататын жабайы шөп.*

**СУБЛИМАТСЫЗДАНУ** зат. хим. *Заттың бу күйінен тікелей қатты күйге ауысуы.*

**СУБЛИМАЦИЯ** [лат. sublimare] зат. физ. *Заттың кристалдық күйден газ тәрізді күйге ауысуы; жылудың жұтылуымен жүретін процесс.*

**СУБЛИТАРОЛЬ** зат. геогр. *Тереңдігі 200 метрге дейінгі аралықта болатын мұхит немесе теңіз түбі.*

**СУБЛИЦЕНЗИЯ** зат. экон. *Қосалқы лицензия.*

**СУБМӘДЕНИЕТ** зат. әлеум. <лат. sub – төменгі, нем. Kultur – мәдениет> **1.** *Қандай да болмасын әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениеті.* **2.** *Кедейлікке немесе әлеуметтік қатынастардың жетіспеуіне байланысты өмір сүретін әлеуметтік қауымдастықтың шектеулі мәдениеті.*

**СУБОРДИНАЦИЯ** [лат. sub – төменгі, ordinatio – ретке келтіру] зат. *Шені кіші қызметкерлердің өзінен жоғары қызметкерлерге қызмет бабында қатаң бағынуы.*

**СУБОРДИНАЦИЯЛЫҚ: субординациялық қарыз.** *Арнаулы мерзімсіз берілетін қарыз.*

**СУПРАЛИТОРАЛЬ** зат. геогр. *Литоралдан жоғары орналасқан құрлық жағалауы; теңіз және құрлық фаунасы мен флорасының түйіскен аймағы.*

**СУБРОГАЦИЯ** [лат. subrogatio] зат. экон. **1.** *Ескі заңға ішінара толықтыру енгізу.* **2.** *Сақтанушыға келтірілген зиян үшін жауапты тұлғадан орнын толтыруды талап ету құқығының сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушыға көшуі.* **3.** *Бір несиені екінші несиемен ауыстыру.*

**СУБСИДИЯ** [лат. subsidium] зат. экон. *Заң актілерімен белгіленген мақсаттар үшін коммерциялық ұйымдарға бюджеттен бөлінетін тегін және қайтарымсыз төлемдер; демеуқаржы.*

**СУБСТАНЦИЯ** [лат. substantia] зат. филос. *Заттың біртұтастығының мәндік қасиетін, оның барлық өзгерістерінің негізін, себебін, тіршілік етуінің түп-тамырын білдіретін категория.*

**СУБСТИТУТ** зат. заң. *Қосымша мұрагер.*

**СУБСТИТУЦИЯ**[1] [лат. substitutio] зат. заң. *Мұра қалдырушының өсиетте қосымша мұрагерді көрсетуі.*

**СУБСТИТУЦИЯ**[2] [лат. substitutio] зат. вет. *Белгілі ұлпаның жойылған бөлігінің орнын екінші бір ұлпа басуы, толтыруы.*

**СУБСТРАТ**[1] [лат. substratum] зат. **1.** филос. *Барлық құбылыстар мен үдерістердің ортақ материалдық негізі.* **2.** биол. *Ағза қоректеніп тіршілік ететін орта.*

**СУБСТРАТ**[2] зат. лингв. *Тілдердің тоғысуына тән құбылыс.*

**СУБТРОПИК** [лат. subtropikos] зат. геогр. *Тропиктерге жақын ыстық өлкелер.*

**СУБТРОПИКАЛЫҚ** сын. геогр. ***Субтропиктік.***

**Субтропикалық зона.** геогр. *Субтропикалық аймақ (қыс болмайтын, табиғаты қолайлы аймақ).*

**СУБТРОПИКТІК** сын. *Субтропикке қатысты.*

**Субтропиктік белдеу.** геогр. *Солтүстік және Оңтүстік жартышарлардағы қоңыржай және тропиктік белдеулер (30–40° с.е. және о.е.) аралығындағы аймақ.*

**СУБҰРҒЫ** зат. *Шұңқыр қазуға арналған және ол үшін су ағынының қуатын пайдаланатын бұрғы.*

**СУБҰРҚАҚ** зат. *Қысым күшімен құбырдан, түтіктен не басқа бір көзден жоғары атқылайтын сұйықтық шапшымасы.*

**СУБҰТ** зат. жерг. *Шығырдың су басын ұстап тұратын ағаш.*

**СУБҰРЫШ** зат. өс. *Ылғалды жерлерде, су (өзен-көл, бұлақ, арық, атыз) жағалаларында өсетін, биіктігі 30-70 см-дей, біржылдық шөптесін өсімдік, самалдықтың (самалдықшөптің) бір түрі.*

**СУБҮРГЕ** зат. зоол. <лат. daphnia> *Бұтақмұртты шаянтәрізділер туысы.*

**СУБҮРКІТ** зат. зоол. *Өзен-көлдердің жағасын мекендейтін, көбінесе балықпен қоректенетін ірі жыртқыш құс.*

**СУБҮРКІТТЕЙ** сын. *Субүркіт сияқты, субүркіт тәрізді.*
**СУБЪЕКТ** [лат. subjectum] зат. **1.** филос. *Сыртқы дүниеге қарама-қарсы тұрған, танушы, әрекет етуші адам.* **2.** грамм. *Сөйлемнің негізгі тұрлаулы мүшесі; бастауыш.*
**СУБЪЕКТИВИЗМ** зат. **1.** филос. *Сыртқы тіршілікті, материалдық дүниені жоққа шығаратын және оны субъектінің санасында ғана өмір сүреді деп санайтын идеалистік философиялық бағыт.* **2.** *Жеке адамның күштеуінен болатын кемшілік.*
**СУБЪЕКТИВТІК** сын. *Субъектіге қатысты, субъектіге тән.*
**Субъективтік құқық.** заң. *Адамның не ұйымның заңға сәйкес ой-пікірін білдіру және іс-әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігі.*
**СУБЭКВАТОРЛЫҚ: субэкваторлық белдеу.** геогр. *Солтүстік және Оңтүстік жартышарлардағы тропиктік және экваторлық белдеулер аралығындағы аймақ.*
**СУБ-ЭМИТЕНТ** зат. экон. *Қосалқы эмитент [Қарыз облигацияларын шығаруға қатысушы банкілердің бірі өз үлестемесінің бір бөлігін ресми түрде эмитент рөлін атқармайтын басқа банкіге беруі].*
**СУВЕНИР** [франц. souvenir] зат. *Естелік ретінде берілетін сыйлық, зат.*
**СУВЕНИРЛІК** сын. *Сувенир боларлық.*
**СУВЕРЕН** [франц. souverain] зат. *Қолында билігі бар адам.*
**СУВЕРЕНДІ** сын. *Егеменді; тәуелсіз, дербес, өз билігі өзінде.*
**СУВЕРЕНИТЕТ** зат. қоғ.-саяси. ***Егемендік*** *(мемлекеттің ешкімге тәуелді болмауы және сыртқы саясат жүргізу еркіндігі).*
**СУВЕНЦИЯ** зат. экон. *Мемлекеттің белгілі бір мақсаттың орындалуына бағытталған ақша қаражаты.*
**СУГҮЛ** зат. өс. *Көлдерде, баяу ағатын өзендер мен тұйық суларда өсетін, биіктігі 1,5-2 м-дей, көпжылдық су өсімдігі.*
**СУҒАР=** ет. сөйл. ***Суар.*** **1.** *Малға су беру.* **2.** *Егінді суару, ылғалдандыру, суландыру.*
**СУҒАРТ=** ет. сөйл. ***Суарту.***
**СУҒАРТУ** *Суғарт етістігінің қимыл атауы.*
**СУҒАРУ** *Суғар етістігінің қимыл атауы; суару.*
**СУҒАРУШЫ** зат. сөйл. ***Суарушы.***
**СУҒАРЫЛ=** ет. **1.** сөйл. *Малға су берілу, суарылу.* **2.** *Егіннің су жіберіліп ылғалдандырылуы.* **3.** *Қылыш жүзінің суға батырылып қатайтылуы.* **4.** ауыс. *Жетілу, толысу.*
**СУҒАРЫЛУ** *Суғарыл етістігінің қимыл атауы.*
**СУҒАРЫС=** ет. *Малға су берісу, суарысу.*
**СУҒАРЫСУ=** *Суғарыс етістігінің қимыл атауы.*
**СУДАЙ** сын. *Су тәрізді, су сияқты.*
**Судай ағылды.** *Үсті-үстіне келіп жатты.* **Судай ақты.** а) *Мол болды.* ә) *Ысырап болды, рәсуа болды, босқа кетті.* б) *Сөзге бөгелмеді, мүдірмеді.* **Судай арзан.** *Құны, бағасы төмен.* **Судай жаңа.** *Су жаңа, ине-жіптен жаңа шыққан, қылышығына қылау түспеген (зат).* **Судай көпірді.** *Шалқып, шалқақтады, көңілі тасыды.* **Судай сапырды.** а) *Қалай болса, солай ретсіз, жөн-жосықсыз сөйледі.* ә) *Рәсуа етті, алды-артына қарамай жұмсады.* **Судай суық, оттай тентек.** *Ожар, бірбеткей кісі туралы айтылады.* **Судай сұлу.** а) *Көрікті, әдемі.* ә) *Мөлдір, таза, кіршіксіз.* **Судай сімірді.** *Талан-таражға салды, ішіп-жеді.* **Судай сіңгізіп, тастай батырды.** *Жым-жылас қылдырып, өзінікіндей етіп жіберді.* **Судай сіңіп, тастай батты.** *Жым-жылас жоқ болды, құрыды.* **Судай тасыды.** а) *Мол болды, көбейді.* ә) *Масаттанды.* **Судай төгілді.** поэт. *Шешіліп сөйледі, арындады.* **Судай шайқады.** *Астан-кестен қылды.* **Судай шашты.** *Қалай болса, солай жұмсады рәсуа етті.*
**СУДАН** зат. *Солтүстік Африкадағы түрлі этникалық топ.*
**Судан тілдері.** *Солтүстік Шығыс Африкадағы түрлі этникалық топ халықтарының тілі.*
**СУДАНШӨП** зат. өс. <лат. sorghum sudanense> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*
**СУДИІРМЕН** зат. көне. *Ағынды су күшімен айналатын диірмен.*
**СУДОКУ** жап. зат. *Сандары бар танымал бас қатырғыш; сөзжұмбақтың бір түрі.*
**СУДОП** зат. спорт. *Суда өткізілетін командалық ойын.*
**СУДОҢҒАЛАҚ** зат. тех. *Су ағынының әсерімен қозғалатын қарапайым гидравликалық қозғалтқыш.*
**СУДУР** зат. діни. *Әлемнен биік тұрған Құдайға тән абсолюттен жарық дүниенің жаралғанын білдіретін мұсылмандық дінтану мен философия терминдерінің бірі.*
**СУДЫР**[1] зат. **1.** *Бірдеменің сыбдыры; сылдыр, сыңғыр.* **2.** ауыс. *Іліп алары жоқ, тұрлаусыз, жылтыр сөздің иесі, жылпос.*
**СУДЫР**[2] зат. өс. *Құм өсімдігі.*
**СУДЫР-СУДЫР**[1] зат. этн. ойын. *Қазақтың ұлттық ойындарының бір түрі.*
**СУДЫР-СУДЫР**[2] елік. *Сыбдыр-сыбдыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*
**СУДЫРА=** ет. **1.** *Сыбдырау, сылдырау.* **2.** ауыс. *Құрғақ бос сөйлеу, жылпылдау.*
**СУДЫРАҚ** сын. **1.** *Судырағыш, сусылдағыш.* **2.** ауыс. *Бөспе, көпіртіп сөйлейтін (адам).*
**СУДЫРАМА** сын. *Судырақ, суылдаған.*
**СУДЫРАТ=** ет. **1.** *Сыбдырату, сусылдату.*
**СУДЫРАТУ** *Судырат етістігінің қимыл атауы.*
**СУДЫРАУ** *Судыра етістігінің қимыл атауы.*
**СУДЫРЛА=** ет. **1.** *Сыбдырлау, сусылдау.* **2.** ауыс. *Тез-тез сөйлеу, сарнау.*
**СУДЫРЛАҚ** сын. сөйл. ***Судырақ.*** **1.** *Судырағыш, сусындағыш.* **2.** ауыс. *Бөспе, көп сөйлейтін.*
**СУДЫРЛАС=** ет. *Сыбдырасу, сусылдасу.*
**СУДЫРЛАСУ** *Судырлас етістігінің қимыл атауы.*
**СУДЫРЛАТ=** ет. **1.** *Сыбдырлату, сусылдату.* **2.** ауыс. *Тез-тез сөйлеу, зуылдату.*
**СУДЫРЛАТУ** *Судырлат етістігінің қимыл атауы.*
**СУДЫРЛАУ** *Судырла етістігінің қимыл атауы.*
**СУДЬЯ** зат. **1.** заң. ***Сот*** *(қылмысты адамдарды жазалайтын, сол жайында пікір айтып үкім шығаратын адам, соттаушы; қазы).* **2.** спорт. *Спорт ойындарында билік айтушы, төрелік етуші.*
**Судьялар кеңесі.** құқық. *Соттың іс бойынша үкім шығару үшін кеңес бөлмесіне кіріп кеңесуі.*
**СУЖАҢҒАҚ** зат. өс. *Суда өсетін біржылдық өсімдік.*
**СУЖЕЛЕК** зат. өс. <лат. sium> *Шатыршағырлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*
**СУЖЕЛКЕК** <лат. gzaqapodone> зат. өс. *Шатыршағүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**СУЖИДЕК** зат. өс. *Сужидек тұқымдасына жататын бұта.*
**СУЖҰЛДЫЗ** зат. өс. <лат. callitriche> *Сужұлдыздар тұқымдасына жататын, суда өсетін бір, көпжылдық өсімдік.*
**СУЖҮҚПАС** сын. *Барып тұрған алаяқ, жылпос, суайт, мүттәйім.*
**Сужұқпас шешен.** *Сөзден мүдірмейтін,ділмар.*
**СУЖҰҚТЫРМАС** сын. *Алаяқ, суайт.*
**Сужұқтырмас шешен.** *Ділмар, сөзден мүдірмейтін.*
**СУЖҮРЕК** сын. *Батыл емес, қорқақ.*
**Сужүрек қылды.** *Әбден үркітіп-қорқытты, зәрезап етті.*
**СУЖЫЛАН** зат. зоол. <лат. natrix tesselata> *Өзі аттас туысқа жататын жыланның бір түрі.*
**СУИЦИД** [лат. sui – өзін, caedere – өлтіру] зат. *Өзіне-өзі қол жұмсау.*
**СУИЦИДОЛОГИЯ** зат. мед. *Суицидтің салдарын зерттейтін, суицидология саласын жан-жақты зерделейтін медицина саласы.*
**СУИЦИДТІК** сын. мед. *Суицидке қатысты.*
**СУКЕСЕР** зат. балықшар. *Кеменің суды қақ жарып отыратын қыр тұмсығы.*
**СУКЕСЕР** зат. жерг. кәс. *Қайықтың маңдайы.*
**СУККУЛЕНТТЕР** [лат. succulentus] зат. өс. *Сабақтары мен жапырақтарында су қоры мол шөл және шөлейтті жерлерде өсетін көпжылдық өсімдіктер.*
**СУКӨКІРЕК: сукөкіректер тұқымдасы.** өс. <лат. hydrocharitaceae> *Суда өсетін көпжылдық дара жарнақты өсімдіктер.*
**СУКӨРІК** зат. өс. <лат. hudrocharis> *Суда жүзіп жүретін, дөңгеленген жалпақ жапырағы бар су өсімдігі.*
**СУКҮРІШ** зат. өс. *Күріш сияқты, суда өсетін өсімдік.*
**СУКІРЕС** зат. өс. *Су өсімдіктерінің бір түрі.*
**СУКЦЕССИЯ**[1] [лат. succesio] зат. биол. *Жер бетінің белгілі бір аймағындағы бір биогеоценоздың екіншісіне ауысуы.*
**СУҚАБАҚ** зат. жерг. *Қабығы тастай қатты, қауашағынан ыдыс жасайтын асқабақ түрі.*
**СУҚАЙТАРЫМДЫЛЫҚ** зат. геол. *Сумен қаныққан таужыныстардың өз бойынан гравитациялық су массаларын бөліп шығару мүмкіндігі.*
**СУҚАҚ** зат. хим. *Кермек суды қайнатқанда және буландырғанда ыдыстың ішкі қабырғаларына, түбіне жабысып қатып қалған тұз шөгіндісі.*
**СУҚАН**: **суқанын қашырды.** *Зәре-құтын алды, үрейін ұшырды.* **Суқаны сүймейді.** *Жақтырмады, ұнатпады, жаны жек көрді.*
**СУҚАРАҢҒЫ** сын. *Көзі ештеңені көрмейтін, екі көзі бірдей көрмейтін соқыр.*
**СУҚАШҚЫЛЫҚ** зат. хим. *Қатты дене бетінің су жұқтырмайтын қасиеті.*
**СУҚИТ** сын. сөйл. ***Суайт.***
**СУҚОЙМА** зат. геогр. *Жер бетіндегі табиғи (көл) және жасанды (бөген, әуіт) ойыстарға ағынсыз немесе баяу ағыспен жиналатын су көздері.*
**СУҚҰЗҒЫН** зат. зоол. <лат. phalacrocora cidae> *Ескек аяқтылар отрядының тұқымдасы.*
**СУҚҰЛАМА** зат. геогр. *Өзен арнасын көлденең кесіп өтетін тік жартасты кертпештен құлап, тік ағатын су.*
**СУҚҰМЫҚ** зат. өс. *Самалдықтың бір түрі.*
**СУҚЫЛ** зат. жерг. *Салқын, суық.*
**СУҚЫЛДАТ=** ет. *Мүдірмей, зулатып оқу, тоқтамай сөйлеу.*
**СУҚЫЛДАТУ** *Суқылдат етістігінің қимыл атауы.*
**СУЛА=** ет. **1.** *Су тигізу, ылғалдау, дымдау.* **2.** сөйл. *Суғару, су ішкізу.*
**СУЛА: жүрегі сулады.** *Төбе шашы тік тұрды, өн бойы мұздап кетті, қорықты.*
**СУЛАН=** ет. **1.** *Су болу, ылғалдану.* **2.** сөйл. *Су ішу, суғарылу.*
**СУЛАНДЫР=** ет. *Су қылдыру, су жіберу.*
**СУЛАНДЫРҒЫШ** зат. сушар. *Ылғалдандырғыш, су жібергіш.*
**СУЛАНДЫРУ** сушар. *Суландыр етістігінің қимыл атауы.//Ылғалы жеткіліксіз егін алабына су жеткізу, оның топырақтың өнім өсетін қыртысындағы қорын көбейту шаралары, мелиорацияның бір түрі.*
**Суландыру жүйесі.** сушар. *Арналар желісі және басқа да су техникалық, пайдалану құрылыстары бар суландыруды қамтамасыз ететін аумақ.*
**СУЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Ылғалдандырылу, су жіберілу.*
**СУЛАНДЫРЫЛУ** *Суландырыл етістігінің қимыл атауы.*
**СУЛАНТ=** ет. *Суландыру, су жіберту.*
**СУЛАНТУ** *Сулант етістігінің қимыл атауы.*
**СУЛАНУ** *Сулан етістігінің қимыл атауы; су жіберілу, дымқылдану, ылғалдану.*
**СУЛАС** сын. *Суы бір, араласып жатқан.*
**СУЛАТ=** ет. *Суғару, суару, су беру.*
**СУЛАТУ** *Сулат етістігінің қимыл атауы.*

**СУЛАУ**[1] сын. *Құрғақ емес, дымқылдау.*
**СУЛАУ**[2] *Сула етістігінің қимыл атауы; ылғалдау, дымқылдау.*
**СУЛЕМА** зат. хим. *Хлорлы сынап, салқын, әсіресе ыстық суда жақсы еритін ауыр ақ ұнтақ зат.*
**СУЛЬФАЗОЛ** зат. мед. *Дәрінің бір түрі.*
**СУЛЬФАМИД** зат. хим. *SO2(NH2)2 аммиак туындысы.*
**СУЛЬФАНДАР** зат. хим. *H2Sx - мұнда x≥ 2, полукүкіртсутектер [Одоранттар ретінде пайдаланылады].*
**СУЛЬФАТ** [лат. sulphur] зат. хим. *Күкірт қышқылының табиғи тұзы.*
**СУЛЬФАТТЫ** сын. хим. *Құрамы сульфаттан тұратын.*
**СУЛЬФАЦИЯ** [sulfacylum] зат. вет. *Суда, сілті және қышқыл ерітінділерінде еритін ақ не сәл сарғыш, ақ ұнтақ.*
**СУЛЬФИД** [лат. sulphur] зат. хим. *Құрамына теріс зарядты тотығу дәрежесі бар күкірт кіретін химиялық қосылыстардың жалпы атауы.*
**СУЛЬФИДОЛИТ** зат. хим. *Пирротин, пентландит, халькопириттен тұратын магмалық сульфидті кен.*
**СУЛЬФИДТЕГІШ** зат. хим. *Мыстың, қорғасынның және мырыштың тотықты минералдарын сульфидтеу үшін қолданылатын, құрамында сульфид ионы бар реагент.*
**СУЛЬФИДТІ** сын. хим. *Құрамы сульфидтен тұратын, сульфиді бар.*
**Сульфидті рудалар.** *Темір мен түсті металдар сульфидтерінен (күкіртті қосылыстарынан) тұратын, бұл металдар ажыратып алынуы экономикалық тұрғыдан тиімді болатындай мөлшер мен концентрацияда болатын минералдық агрегаттар.*
**СУЛЬФИРЛЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылысқа сульфотопты енгізу процесі.*
**СУЛЬФИТАЦИЯ** [лат. sulphur] зат. хим. *Жемістерді, көкөністерді және олардың жартылай фабрикаттарын консервілеу мақсатында күкіртті ангидридпен, күкірт қышқылымен, сондай-ақ натрий бисульфитімен өңдеу процесі.*
**СУЛЬФИТТЕР** зат. хим. *Күкіртті қышқылдың тұздары.*
**СУЛЬФОКСИД** зат. хим. *Құрамдарында екі органикалық радикалмен байланысқан органикалық қосылыс.*
**СУЛЬФОҚЫШҚЫЛДАР** зат. хим. *Бояғыштар, дәрі-дәрмек заттар, детергенттер синтезінде т.б. жерлерде қолданылатын көміртек атомымен байланысқан сульфотобы бар органикалық қосылыстар.*
**СУЛЬФОЛИТ** зат. хим. *Құрамының 50%-дан астамы табиғи таза күкірттен тұратын шөгінді таужыныс.*
**СУЛЬФОНДАР** зат. хим. *Құрамында екі органикалық радикалмен байланысқан >SO2 тобы бар қосылыстар.*
**СУЛЬФОТҰЗДАР** зат. хим. *Оттекті қышқыл тұздарының құрамындағы оттек рөлін күкірт атқаратын түзілімдер, оттекті қышқыл тұздарының күкіртті баламалары.*
**СУЛЫ** сын. **1.** *Суы молырақ, сулырақ; өзенкөлді.* **2.** *Дымқыл, ылғалды.*
**Сулы бұлттар.** метеор. *Тек су тамшыларынан құралған (егер температура 0°С-тан төмен болса – суыған) тамшылы, жылы бұлттар.* **Сулы бұрғылау.** кен. *Шпур мен ұңғыманы бұрғылау барысында сумен шайып отыру.* **Сулы горизонт.** *Су өткізбейтін таужыныстардың арасында немесе белдемі мен сутірек қабатының арасында жататын, жерасты суларының қалыптасу, қозғалу және арылу жағдайларының ортақтығымен сипатталатын бір немесе бірнеше сулы қабат.* **Сулы горизонттың қалыңдығы.** кен. *Сутірек қабатының жабынына перпендикуляр, жерасты суларының ашық бетіне дейінгі аралық.* **Сулы кешен.** геол. кен. *Сулы таужыныстардың суға қанығу ерекшелігі мен геологиялық жасы бойынша азды-көпті біркелкі келетін қат-қабаты.* **Сулы қабат.** а) *Суға қаныққан геологиялық жыныстар қабаты.* ә) *Қуыстары мен жарықтарына жерасты суы жиналған таужыныстардың бір немесе бірнеше қабаты.* **Сулы таужыныстар.** геол. *Белгілі көлемде су сыйыстырушы таужыныстар.*
**СУЛЫҚ**[1] зат. *Қолдың суын сүртетін орамал.*
**Сулық орамал.** *Бет, қол жуған соң сүртінетін сүлгі, орамал.*
**СУЛЫҚ**[2] зат. *Су, ылғал өткізбейтін сырткиім.*
**СУЛЫҚ**[3] зат. этн. *Ауыздықты жүгенге шығыршық арқылы жалғастырып тұратын темір.*
**СУЛЫҚ**[4] зат. жерг. *Шелектің тұтқасы.*
**СУЛЫҚ**[5] зат. жерг. *Киіз үйдің киіз есігінің етек жағы.*
**СУМ** зат. экон. *Өзбекстанның ақша өлшемі.*
**СУМАҚАЙ** сын. *Жылпос, сұғанақ, сумаңдағыш. // Жылпос, сумаңдағыш адам.*
**СУМАҚАЙЛАН=** ет. *Сұғанақтану, сумаңдау.*
**СУМАҚАЙЛАНУ** *Сұмақайлан етістігінің қимыл атауы.*
**СУМАҚТА=** ет. *Сумаңдау, жылмаң қағу.*
**СУМАЛМАН** зат. жерг. кәс. *Шығырдың тіреуі; тегеріш орнататын орын ағаштың басын бекітіп тұратын ағаш.*
**СУМАҢ** сын. *Жылмаң, сыпсың.*
**Сумаң қақты [етті].** *Жылмаңдады, жылпжылп етті.*
**СУМАҢДА=** ет. *Жылмаң қағу, жылп-жылп ету, сыпсыңдау.*
**СУМАҢДАС=** ет. *Жылмаң қағысу, жылпжылп етісу, сыпсыңдасу.*
**СУМАҢДАСУ** *Сумаңдас етістігінің қимыл атауы.*
**СУМАҢДАТ=** ет. *Жылмаң қақтырту, сыпсыңдату.*
**СУМАҢДАТУ** *Сумаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**СУМАҢДАУ** *Сумаңда етістігінің қимыл атауы.*
**СУМАҢ-СУМАҢ: сумаң-сумаң етті.** *Тым қатты сумаңдады, жылпылдап кетті.*
**СУМЕК** зат. кәс. *Қайыққа кірген суды төгетін ыдыс.*
**СУМИ** сын. *Ақылы жоқ, мисыз.*
**СУМИ** сын. *Топас, ақылсыз.*
**СУМО** жап. зат. спорт. *Ауыр салмақты балуандардың арасында өтетін жапонның ұлттық күресі.*
**СУМОДЕЛЬ: сумодель спорты.** спорт. *Кемемен суда жүзу теориясының негіздерін білдіретін техникалық спорт түрі.*
**СУМОНШАҚ** зат. *Жасанды, құны төмен, бер жағы жылтыраған зат, нәрсе.*
**СУМҰРЫН** сын. *Мұрнынан су ағып жүретін, салдыр-салақ (адам). // Есеймеген, кішкене бала.*
**СУ-МУ** зат. *Жеңіл сусын.*
**СУННА** зат. діни. *Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) үлгі-өнегесі мен өсиетіне сай мұсылман дініндегі адам орындайтын амалдар, суннашылдық.*
**СУННИТ** зат. діни. *Суннизмді жақтаушы.*
**СУОҚ** зат. кәс. *Шығырдың дөңгелегін ұстап тұратын ағаш; шығырды жүргізетін кіндік ағаш.*
**СУОТЫ** зат. өс. *Астық тұқымдасына жататын, мал азығы ретінде пайдаланылатын көпжылдық, кейде біржылдық екпе жем-шөп өсімдігі.*
**СУӨЛШЕУІШ** зат. *Судың көлемін есептеу үшін су құбырларына орнатылатын өзі арқылы ағып өткен су мөлшерін анықтайтын аспап.*
**Суөлшеуіш имарат.** сушар. *Су өтімін, деңгейін, оның көлемін және сол телімдегі арнаға, су жүйесіне келіп қосылған жанама суды, арна мен жүйе суының пайдасыз жоғалымын есептейтін, суару мен суландыру қалыбын анықтайтын гидротехникалық имарат.*
**СУӨРНЕК** зат. қолөнер. *Өрнектің бір түрі.*
**СУӨТКІЗБЕУШІЛІК** зат. *Таужыныстардың табиғатта болатын арындық градиент жағдайында бос суды өзі арқылы өткізбеуі немесе ең аз мөлшерде өткізу қабілеті.*
**СУӨТКІЗГІШ** сын. *Бойында суды ұстамайтын, су жібергіш.*
**СУӨТКІЗГІШТІК** зат. *Суды ұстамайтын қасиет, су жібергіштік.*
**СУӨТІМДІЛІК** зат. *Тау жыныстарының гравитациялық күштердің, қысым немесе капиллярлық көтерілімнің әсерімен ашық қуыстар арқылы су өткізу қабілеті.*
**СУПЕР...** [лат. super] *Күрделі сөздердің бірінші бөлігі.* **1.** *Жоғары сапаны, жоғары әрекетті білдіреді.* **2.** *Негізгі, бас, үстем деген мағына үстейді.*
**СУПЕРАРБИТР** зат. құқық. *Соттар арасындағы даулы мәселелерді түбегейлі шешетін аралық сот төрағасы.*
**СУПЕРВИЗОР** [ағыл. supervisor] зат. инф. **1.** *Дербес компьютер құрылғыларын бағдарламалар арасында бөлуді басқаратын операциялық жүйе бөлігі.* **2.** *Операциялық жүйенің немесе оның негізгі ядросының ескі атауы.* **3.** *Компьютерлік бағдарламаның есептеуіш жүйе ресурстарын үлестіруді басқаратын бөлігі.*
**СУПЕРИНФЕКЦИЯ** [лат. super – үстеме, үстіне, inficere – инфекция] зат. вет. *Белгілі бір індетті ауруға шалдыққан мал (адам) денесіне сол ауру қоздырғышының қайталап енуі.*
**СУПЕРКОМПЬЮТЕР** [ағыл. supercomputer] зат. инф. *Қазіргі уақыттағы аса қуатты компьютер класына жататын, ең соңғы технологиямен жабдықталған, күрделі есептеуді жоғарғы жылдамдықпен орындауға арналған күрделі әрі бағалы компьютер.*
**СУПЕРМАРКЕТ** [ағыл. supermarket] зат. *Күнделікті тұтыну бұйымдарын сатып, халыққа қызмет көрсететін, сатып алушы өзі талғап, өзіне-өзі қызмет көрсететін, сату көлемі және тауарлар сұрыпталымы бойынша аса ірі азықтүлік және өнеркәсіп тауарлары дүкені.*
**СУПЕРОВУЛЯЦИЯ** [лат. super – үстеме, үстіне + ovum – жұмыртқа] зат. вет. *Аналық мал денесіне гормондық препарат (СЖК, прогрестерон т.б.) енгізіп, аналық жыныс безін жарып шыққан жыныс клеткаларының санын көбейту.*
**СУПЕРСЕРВЕР** [ағыл. superserver] зат. инф. *Командалардың толық жүйесі бар процессорды пайдаланатын жергілікті есептеу желісіне арналған көп процессорлы жүйе.*
**СУПЕРСТОР** зат. *«Бір шаңырақтың астында» азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының кең сұрыпталымын сататын және түрлі қызметтер көрсететін сауда орталығы.*
**СУПЕРФОСФАТ** зат. хим. *Негізінен фосфордан тұратын химиялық тыңайтқыш.*
**СУПЕРФОСФАТ** зат. хим. *Тыңайтқыштың бір түрі.*
**СУПИНАТОР** [лат. supinare] зат. вет. *Алдыңғы не артқы аяқты дөңгеленте айналдырып, оның алғы бетін сыртқа қарай бұратын бұлшық еттер.*
**СУПИЯЗ** зат. өс. <лат. scilla> *Лалагүл тұқымдасы әсемдік өсімдікке жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**СУРДОКАМЕРА** [лат. surdus – күңгірт естілетін, лат. camera – бөлме] зат. *Қабырғасынан дыбыс өтпейтін арнайы жабдықталған үй.*
**СУРДОПЕДАГОГИКА** [лат. surdus – саңырау, күңгірт естілетін, грек. paidagōgikē] зат. пед. *Педагогика ғылымының есту мүшесінің кемістігі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерін зерттейтін саласы.*
**СУРДОПСИХОЛОГИЯ** [лат. surdus – саңырау, күңгірт естілетін, грек. psychē – жан, logos – ілім] зат. психол. *Арнаулы психологияның саңырау және құлағының мүкісі бар адамдардың психикалық дамуын, оқыту мен тәрбиелеу жағдайында бұл дамуды жетілдіру мүмкіндіктерін зерттейтін саласы.*
**СУРЕТ** зат. **1.** *Қарындашпен, қауырсынмен, бормен, бояумен салынған бейне.* **2.** *Бір заттың қағазға не басқа бір нәрсеге түсірілген бейнесі, келбеті.* **3.** *Бейнені, кескін-келбетті салу өнері.*

4. *Фотография, мүсін, скульптурада бейнеленген, түсірілген кескін, кескіндеме.* 5. сөйл. *Нәрсенің кескінін оптикалық аппарат арқылы жарық сезгіш материалға түсіріліп алынған фотосурет.* 6. ауыс. *Даланың, табиғаттың әсем көрінісі.*

**Сурет галереясы.** өнер. *Негізінен бірыңғай кескіндеме туындылары жинақталатын көркемсурет мұражайы.* **Сурет жазу.** өнер. *Жазудың сурет өнерімен байланысты синкретті ең алғашқы түрі.* **Суретке түсті.** а) *Фотоаппарат арқылы бейнеленді.* ә) *Елестеді, көрінді.*

**СУРЕТКЕР** зат. 1. *Өнер саласында шығармашылық қызмет атқарушы.* 2. әдеб. *Көркем шығармада суреттеу, бейнелеу шебері.*

**СУРЕТКЕРЛІК** зат. 1. *Суретшілік, мүсіншілік өнері.* 2. *Образ жасаудағы шеберлік.*

**СУРЕТТЕ=** ет. 1. *Көркем образбен бейнелеу, сипаттау.* 2. *Біреудің, бір нәрсенің сыртқы тұлғасын, пішімін бейнелеп, ауызша баяндау.* 3. *Көрген-білгенді еске түсіріп, бейнесін көз алдына елестетіп айту.*

**СУРЕТТЕЙ** сын. *Сурет сияқты, сурет тәрізді.*

**СУРЕТТЕЛ=** ет. 1. *Көркем образбен бейнелену, сипатталу.* 2. *Бұрын болған оқиға, көрген-білген нәрсенің еске түсіріліп, елестетіліп айтылуы.*

**СУРЕТТЕЛУ** *Суреттел етістігінің қимыл атауы; көркем образбен бейнелену, сипатталу.*

**СУРЕТТЕМЕ** зат. *Сурет көріністері арқылы баяндалған жазба дерек.*

**СУРЕТТЕУ** *Суретте етістігінің қимыл атауы.*

**СУРЕТТІЛІК** зат. *Бейнелілік, жан-жақты көрсете білушілік.*

**СУРЕТШІ** зат. 1. *Бояу, қарындашпен бейнелеу өнерінің туындысын, сурет салуға маманданған адам.* 2. ауыс. *Көркемсөз шебері.*

**СУРЕТШІЛ** сын. 1. *Сурет салғыш, бейнелегіш.* 2. *Суреттеп жазушы.*

**СУРЕТШІЛІК** зат. 1. *Сурет салу өнерін кәсіп етушілік, сурет салушылық.* 2. әдеб. *Бейне, образ жасаудағы шеберлік.*

**СУРРОГАТ** [лат. surrogatus] зат. *Уақытша сапалы тауардың орнын ауыстыратын өнім немесе жалған жасалынған өнімнің түрі.*

**СУРФАКТАНТ** [лат. surphaktant] зат. анат. *Өкпе көпіршіктерінің (альвеолалар) ішкі бетін сылап, олардың қабырғаларының жабыспауын қамтамасыз ететін зат.*

**СУРЬМА** зат. хим. *Техникада түрлі қорытпаларға қосылып, қолданылатын көкшіл, ақ түсті металл; химиялық элемент (Sb).*

**СУСА=** ет. 1. *Таңдайы кеуіп шөлдеу, қаталау.* 2. *Суды қажет ету, құрғау, шөліркеу.* 3. ауыс. *Аңсау, құмарту.*

**СУСАҒАТ** зат. көне. *Көне Индия, Қытай, Мысыр, т.б. елдерде белгілі бір деңгейдегі судың ыдысқа тамшылауы бойынша уақыттың өтуін айқындайтын аспап.*

**СУСАЛҚЫНДАТҚЫШ** зат. *Суды атмосфера ауасымен салқындататын құрылғы.*

**СУСАМЫР**[1] зат. мед. 1. *Қант ауру.* 2. ауыс. *Шөлдегіш, сусағыш адам.*

**СУСАМЫР**[2] зат. жерг. *Түйе жейтін шөптің түрі.*

**СУСАР**[1] зат. 1. *Суда жүретін қоңыр түсті, қымбат бағалы терісі бар кішірек аң.* 2. зоол. <лат. martes> *Сүтқоректілер класына жататын жыртқыш аң.*

**Сусар бөрік.** *Сусар терісінен тігілген түсі қоңыр бөрік.* **Сусар тон.** жерг. *Сусар терісінің жүнін сыртына қаратып, ішін астарлап тіккен тон.*

**СУСАР**[2] зат. өс. *Түйе малы сүйсініп жейтін шөптердің бір түрі.*

**СУСАРҒАЛДАҚ** зат. өс. <лат. batrachium> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**СУСАРЛЫ** сын. *Сусары көп, сусар мекендеген.*

**СУСАРЫМСАҚ** зат. жер. *Сулы жерде, сайда өсетін, басы сарымсақ тәрізді біршіктенге өсімдік.*

**СУСАТ=** ет. *Шөлдету, қаталату.*

**СУСАТУ** *Сусат етістігінің қимыл атауы.*

**СУСАУ** *Суса етістігінің қимыл атауы.* 1. *Шөлдеу, қаталау.* 2. ауыс. *Аңсау, құмарту.*

**СУСЕК** зат. *Астық сақтайтын ағаш науа.*

**СУСЕПКІ** зат. жаңа. *Суды себезгілеп жіберетін құрал.*

**СУ-СӨЛ** зат. жерг. *Су, ылғал, су-му.*

**СУСҮЙГІШТІК** зат. хим. *Қатты дене бетінің су жұқтыру қасиеті.*

**СЕПКІШ** зат. 1. *Гүлге, өсімдіктерге себезгілеп су құюға арналған ыдыс.* 2. *Кен өндіруде шаңды басу мақсатында қолданылатын, суды тозаңға айналдыратын құрылғы.*

**СУСОҚТА** зат. саят. *Саят құстарын баптау кезінде берілетін жемнің түрі.*

**СУСОҚТЫ** сын. *Суға малшынып қалжыраған, су өткен (күй).*

**СУСОРДЫ** сын. *Су сорып, ақ жем болған.*

**СУСПЕНЗИЯ** [лат. suspensio] зат. тех. *Қатты түйіршіктері біркелкі тараған, жұқа дисперсті сұйықтық.*

**Суспензия ағымы.** геол. *Суспензиялардың (суда қаныққан қалқыма түйіршіктердің) су алабы түбіндегі гравитациялық қозғалысы не ағымы.* **Суспензияны регенерациялау.** кен. *Пайдаланылған суспензиялардан қайта пайдалану үшін ауырлатқышты ажыратып алу, ауыр және жеңіл фракцияларымен бірге шыққан суспензоидті бөліп алу.*

**СУСПЕНЗОИД** зат. кен. *Суспензияның қатты фазасы.*

**СУСУ** *Сусы етістігінің қимыл атауы.*

**СУ-СУАН** зат. *Су, шалап, көже сияқты сұйық тағам.*

**СУҰЙЫТЫЛҒАН: сусұйылтылған эмальдар.** хим. *Сумен сұйылтылғанда коллоидтық ерітінді беретін синтетикалық қабықша түзуші заттар негізіндегі эмальдар.*

**СУСҮЙГІШ** сын. *Жоғары ылғалдықты қажет ететін, суды ұнататын.*

**Сусүйгіш өсімдіктер.** өс. <грек. hydor – су, ылғал, phyton – өсімдік> *Төменгі бөліктері суға батып тұратын жер-су өсімдіктері.*

**СУСҮЙЕКТЕН**=ет. *Судың суып, жаңа ғана қата бастауы.*

**Сусүйектеніп қалды.** *Күздігүні судың суып, жаңа ғана қата бастауы туралы айтылады.*

**СУСҮМБІЛ** зат. өс. <лат. eichhornia crassihes> *Тропиктік жерлерде өсетін өсімдік.*

**СУСЫ=** ет. 1. *Жылпылдап сырғып кету, сырылу.* 2. ауыс. *Су-су ету, суылдаған дыбыс шығару.*

**СУСЫЗ** сын. *Суы, ылғалы жоқ; құрғақ.*

**Сусыз қуырды.** *Жанын көзіне көрсетті, қыспаққа алды.*

**СУСЫЗДАН=** ет. 1. *Су, ылғал болмау, кебе бастау.* 2. хим. *Термиялық немесе химиялық әрекеттесу кезінде органикалық немесе бейорганикалық қосылыстардың молекулаларынан судың бөлінуі.*

**СУСЫЗДАНДЫР=** ет. *Су, ылғалды болдырмау, кептіру.*

**СУСЫЗДАНДЫРУ** *Сусыздандыр етістігінің қимыл атауы. Суды, ылғалды болдырмау, кептіру.* // кен. *Кен байытудан алынатын қатты және сұйық өнімдерді тұтыну орнына (мыс, зауыттарға) жіберу алдында құрамынан суды бөліп шығарып, ылғалдылығын белгілі мөлшерге жеткізу әрекеті.*

**СУСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Сусыз еткізілу, кептірілу.*

**СУСЫЗДАНДЫРЫЛУ** *Сусыздандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫЗДАНУ** *Сусыздан етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫЗДЫҚ** зат. *Ылғалдың жоқтығы, құрғақтық.*

**СУСЫЗ-НУСЫЗ** сын. *Суы-нуы жоқ, бұтасыз, қу тақыр.*

**СУСЫЛ** зат. *Зуылдаған жай сыбыс, суыл.*

**Сусыл қақты.** *Сусылдады, су-су етті.*

**СУСЫЛАН** зат. жерг. *Бауланған қамыс, тал және т.б.*

**СУСЫЛДА=** ет. 1. *Су-су етіп дыбыс шығару, сусыл қағу.* 2. *Жылпылдап сырылу, сусу.*

**СУСЫЛДАҚ** сын. 1. *Тез жылжып тұратын, сусымалы.* 2. *Су-су етіп дыбыс шығаратын.* 3. ауыс. *Өсек-аяң айтушы зыпылдақ, зуылдақ.*

**СУСЫЛДАС=** ет. *Су-су етісу, сусыл қағысу.*

**СУСЫЛДАСУ** *Сусылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫЛДАТ=** ет. *Су-су еттіру, сусыл қақтыру.*

**СУСЫЛДАТУ** *Сусылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫЛДАУ** *Сусылда етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫМА** сын. *Жылжып кеткіш, сусылдақ.*

**СУСЫМАҚ** зат. жерг. *Азғантай су, болмашы су.*

**СУСЫМАЛЫ** сын. *Жылжымалы, сырғымалы.*

**Сусымалы зат.** *Ірілігі белгілі бір мөлшерден аспайтын, құрғақ, өте қозғалмалы зат.* **Сусымалы таужыныстар.** кен. *Аралары әртүрлі пішіндегі уақ сынықтар мен түйіршіктердің шоғыры болып табылатын таужыныстар.*

**СУСЫН** зат. 1. *Шөлді қандыратын сұйық тағам.* 2. ауыс. *Ішімдік, арақ-шарап.*

**Сусыны қанды.** а) *Шөлі басылды, сусындады.* ә) *Құмардан шықты.* **Сусынын [шөлін] қандырды.** а) *Шөлін басты.* ә) *Құмарынан шығарды.*

**СУСЫНДА=** ет. 1. *Шөлін, сусынын басу.* 2. ауыс. *Білім алу, нәр алу.* 3. ауыс. *Құмарын қандыру, құшырлану.*

**СУСЫНДАН=** ет. сөйл. *Шөлін басқызу.*

**СУСЫНДАНДЫР=** ет. 1. *Сусын беріп, шөлін қандыру.* 2. ауыс. *Білім алдыру.*

**СУСЫНДАНДЫРУ** *Сусындандыр етістігінің қимыл атауы; сусын беріп, шөлін қандыру.*

**СУСЫНДАНУ** *Сусындан етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫНДАТ=** ет. 1. *Суғару, ылғалдату.* 2. ауыс. *Құмарын қандырту, құшырландырту.*

**СУСЫНДАТУ** *Сусындат етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫНДАУ** *Сусында етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫНДЫҚ** сын. *Сусын боларлық, сусынға жарарлық.*

**СУСЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап сусу, сусып шығыңқырау.*

**СУСЫРА=** ет. *Суға құштар болу, зарығып шөлдеу.*

**СУСЫРАУ** *Сусыра етістігінің қимыл атауы.*

**СУСЫТ=** ет. *Сырғыту, ысырту.*

**СУСЫТУ** *Сусыт етістігінің қимыл атауы.*

**СУСІҢДІ** сын. *Су әбден сіңген, ылғалданған.*

**СУТАЗАРТҚЫШ** зат. *Табиғи су көзінен шыққан суды пайдалануға берер алдында оны тазартатын құрылғы; үйдегі құбырға орналастырылған сүзгі.*

**СУТАҚАЙ** зат. зоол. *Тоқтау суда, кейде ағысы баяу тұщы суда кеңінен таралған, денесінің ұзындығы 12-20 мм, теңаяқты шаяндар отрядының түрі.*

**СУТАРТАР** зат. зоол. <лат. rallus aquaticus> *Ылғалды саздақ жерде тіршілік ететін тырна тұқымдас дене тұрқы 30 см-дей, тұмсығы ұзын, тік, екі бүйірі қысыңқы жыл құсы.*

**СУТАРТҚЫ** зат. сушар. *Гидроэнергетика, халықты сумен қамтамасыз ету, ирригация және т.б. мақсаттар үшін суды өзеннен, көлден, бөгеннен, жер астынан және т.б. алатын гидротехникалық құрылыс.*

**СУТАРТҚЫШ** сын. *Ылғалды, суды бойына сіңіргіш.*

**СУТАРТҚЫШТЫҚ** зат. *Заттың (материалдың) суды бойына сіңіру қасиеті.*

**СУТАС** зат. геол. *Силикаттар класына жататын, кіршіксіз таза мөлдір берилл минералының түрі.*

**СУТЕК** зат. хим. <лат. hydrogenium> *Оттегімен қосылып, су түзетін түссіз, иіссіз жеңіл газ; рет нөмірі 1, массалық сандары 1–4-ке дейін 4 изотопы белгілі химиялық элемент.*

**Сутек бомбасы.** ә с к. *Жарылыс қуаты термоядролық реакцияға негізделген аса жойқын бомба.* **Сутек жанармайы.** х и м. *1903 ж. К.Э.Циолковский алғаш рет ракеталық жанармай ретінде ұсынған сұйық, сутек.*

**СУТЕКСІЗДЕНДІР=** е т. *Химиялық қосылыстар молекулаларынан сутекті шығару.*

**СУТЕКСІЗДЕНДІРУ** *Сутексіздендір етістігінің қимыл атауы. // Химиялық қосылыстар молекулаларынан сутекті шығару процесі.*

**СУТЕКТЕНДІР=** е т. *Сутекті қосып алу.*

**СУТЕКТЕНДІРУ** *Сутектендір етістігінің қимыл атауы.*

**СУТЕКТІ** с ы н. *Құрамында сутек бар, сутек қатысқан.*

**Сутекті бактериялар.** б и о л. *Электрондардың ақырғы акцепторы ретінде оттекті пайдаланып, молекула күйіндегі сутекті тотықтыратын бактериялар.* **Сутекті электрод.** ф и з. *Платинаның салғырт беттерінде сутек атомдары және катиондары арасында электрхимиялық тепе-теңдік орнайтын бірінші текті газды электрод.*

**СУТЕКТІК** с ы н. х и м. *Сутекке қатысты, сутекпен байланысты.*

**Сутектік көрсеткіш.** х и м. *Ерітінділердегі сутек иондарының шоғырлануын (белсенділігін) сипаттайтын өлшем.* **Сутектік сынғақтық.** х и м. *Металл сутекпен диффузиялық қаныққанда пластикалығының және мықтылығының кему құбылысы.* **Сутектік энергетика.** х и м. *Сутекті энергия сыйымдылығы мол, экологиялық таза энергия көзі ретінде пайдаланатын әдістер жиынтығы*

**СУТОҒАН** з а т. *Табиғи немесе жасанды жолмен ағын су мен іркінді су жиналатын өзен, көл, бөген және т.б.*

**СУТОРАП** з а т. *Өзара байланысқан гидротехникалық құрылыстар торабы.*

**СУТӨКПЕ** з а т. *Жер астындағы және ашық кен қазбаларынан шахта (кеніш және карьер) суларын жер үстіне тартып шығару жұмысы.*

**СУТҰЛПАР** з а т. м и ф. *Аңыз бойынша, судан шыққан (жаралған) жүйрік ат, суын.*

**Сутұлпардан туған.** м и ф. *Су тұлпар шапқан биенің құлыны, асыл тұқымды будан.*

**СУТЫШҚАН** з а т. з о о л. <лат. arvicola terrestris> *Су егеуқұйрығы.*

**СУТІЛ** з а т. з о о л. <лат. atheresthes evertanni> *Басқа камбалаларға қарағанда дене пішіні ұзындау, Тынық, Атлант мұхиттарының солтүстік бөлігінде таралған камбала тұқымдасына жататын балық түрінің жалпы атауы.*

**СУТІРЕК** з а т. с у ш а р. *Су өткізбейтін тау жыныс немесе оның су өтетін қабаттарымен салыстырғанда суды өте нашар өткізетін қабаты.*

**СУҰРМА** з а т. с у ш а р. *Қашыртқыдан ағып шыққан ағынның динамикалық әсерін қабылдаушы және судың артық энергиясын қарқынды түрде бәсеңдетуге арналған гидротехникалық құрылыс түрі.*

**Суұрма қабырға.** с у ш а р. *Суұрма құрылысының энергия бәсеңдеткіштерінің бір түрі.* **Суұрма құдық.** с у ш а р. *Ағынша соққысы мен ағынның суағары арқылы құйылатын су энергиясын қабылдауға, өзен арнасын қауіпті шайылудан қорғауға арналған арында су энергиясын кеміткіш гидротехникалық құрылыс.*

**СУҰСТАҒЫШ** з а т. *Су өткізбейтін немесе өте нашар өткізетін.*

**СУҰСТАҒЫШТЫҚ** з а т. *Су өткізбейтін немесе өте нашар өткізетін қасиет.*

**СУФАЛЕРИТ** [грек. sphaleros] з а т. х и м. *Түсі қоңыр не қара, кейде сары, қызыл, жасыл болып келетін минерал, химиялық формуласы – ZnS мырыш алдамышысының минералогиялық атауы.*

**СУФЛЕ** з а т. т а м а қ. *Балмұздақ жасауға арналған, қант қосқан кілегей не сүт.*

**СУФЛЕР** [франц. souffleur] з а т. т е а т р. *Пьеса мәтіні арқылы спектакль немесе репитиция барысын бақылайтын, қажетті жағдайда актердің сөйлейтін сөзін есіне салып, сыбырлап оқып отыратын театр қызметкері.*

**СУФФОЗИЯ** [лат. suffossio] з а т. г е о л. *Топырақ құрамындағы ерігіш тұздарға жер асты суларының механикалық әсері және карст процестерінде басты орын алатын осы сулардың ерітуші ықпалы.*

**СУФФОЗИЯЛЫҚ** с ы н. г е о л. *Суффозияға ұшыраған.*

**СУША** ү с т. **1.** *Керегінше, қалауынша, көлгөсір.* **2.** *Тоқтамай, мүдірмей.*

**СУШАҢҒЫ** з а т. с п о р т. *Спортшылардың арнайы жасалған шаңғымен катерге тіркеле сырғып, су бетімен жарысатын спорт түрі.*

**СУШАРУАШЫЛЫҚ** з а т. *Халықтың және халық шаруашылығының қажетін сумен қамтамасыз етуді, тиімді пайдалануды, қорғауды қарастыратын шаруашылық саласы.*

**Сушаруашылық балансы.** э к о н. *Белгілі бір аумақтың жерүсті және жерасты сулары қоры мен оларды белгілі уақыт ішінде халық шаруашылығының әр саласында пайдалану көлемінің арақатынасы.*

**СУШАЯН** з а т. з о о л. *Тұщы суда мекендейтін көп аяқты, денесінде сауыты бар, бунақбунақты болып келетін омыртқасыз жәндік.*

**СУШЕЛПЕК** з а т. т а м а қ. *Майға, сүтке, илеген шелпекті кейде құр суға қайнатып пісірілген шелпек түрі.*

**СУШЕШЕК** з а т. ө с. *Парнасшөптің бір түрі; батпақ парнасшөбі.*

**СУШЫ** з а т. **1.** *Су таситы, су әкелетін адам.* **2.** *Егістік пен шабындық жерді суаратын, суармалау жұмыстарын атқарушы маман.*

**СУШЫЛ** с ы н. *Жүзгіш, малтығыш, суға құмар.*

**СУШЫЛДЫҚ** з а т. *Жүзгіштік, малтығыштық.*

**СУШЫЛҚАРА** з а т. з о о л. <лат. cinclus> *Омыртқасыз су жәндіктері мен олардың дернәсілдерімен қоректенетін торғайтәрізділер отрядының бір туысы, отырықшы құс.*

**СУШІЛІК** з а т. ө с. *Талдың бір түрі; сібірлік тал.*

**СУУ** *Суы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Салқын күйге келу, тоңазу, салқындау.* **2.** а у ы с. *Аралары алшақтау; салқын тарту, ренжісу.*

**СУЫ=** е т. **1.** *Ыстық қалыптан салқын күйге келу, тоңазу, салқындау.* **2.** а у ы с. *Тынығу, дем алу.* **3.** а у ы с. *Араларының алшақтауы; салқын тарту, көңілге кірбің түсу.* **4.** а у ы с. *Жігерін, көңілін, ынтасын басу.*

**СУЫҒЫРАҚ** с ы н. *Суықтау, ызғарлылау.*

**СУЫҚ** с ы н. **1.** *Тым салқын, жылы емес.* **2.** а у ы с. *Ызғарлы, үрейлі. // Ызғар, зардап.* **3.** а у ы с. *Салқынқанды, салғырт, енжар.*

**Суығына тоңып, ыстығына күйді.** *Бар бейнетін, қиындығын көрді.* **Суық ауа.** *Салқын ауа.* **Суық жол.** *Жаман жол.* **Суық жүз [ажар, қабақ].** *Ренішті, кейісті пішін; жатырқап, жатсына қараған кейіп.* **Суық жүзді.** *Беті-жүзі сұсты, қатал, ызғарлы.* **Суық жүріс.** *Асығыс келу.* **Суық қарады.** *Суық жүз танытты, жақтырмады.* **Суық [көзбен] қарсы алды.** *Жақтырмай салқын жүздесті.* **Суық қару.** *Көне заманнан оқ-дәрі мен атыс қаруы ойлап табылғанға дейін қолданылған, шабуылдау мен қорғануға арналған қоян-қолтық ұрыс қаруы.* **Суық қарыды [қапты].** *Суық қысты, аяз қарыды.* **Суыққа ұрынды.** *Ауа райы қолайсыз, суық күнге тап келді.* **Суыққа [суықтан] ұшты.** *Үсік шалды, суыққа ұрынды, үсіді.* **Суыққа шалдыртты.** *Суық тигізді, суықтатты.* **Суық қолын сұқты.** *Талан-таражға салды, ұрлап-қарлады.* **Суық құшақ.** *Салқын, жылы емес құшақ.* **Суық өтті.** *Суық тиіп ауырды.* **Суық соғып кетті [тастады].** *Әбден тоңды, үсіді.* **Суық соқты.** *Үсік ұрды, үсітті.* **Суық сорды.** *Суықтады, суық өтіп тоңды.* **Суық сөз [хабар, сыбыс].** *Алып-қашпа, жағымсыз, жайсыз хабар.* **Суық су.** *Температурасы 20°С-қа дейінгі табиғи су.* **Суық теңіз.** *Солтүстік мұзды мұхит.* **Суық тер.** *Қорыққанда, қиналғанда шығатын тер.* **Суық тиді [өтті, ұстады, шалды].** *Суық зардабынан ауруға шалдықты, сырқаттанды.* **Суық түсті.** *Қыс келді, аяз болды.* **Суық [қазан] ұрды.** *Үсік шалды.* **Суық ұстады.** а) *Салқын тиді.* ә) *Өзін алыс, жат адамдай көрсетті, салқынқандылық танытты.* **Суық үн [дауыс].** *Ашулы, қатты шыққан дауыс; зарлы үн.* **Суық хабар.** *Қайғылы оқиға, жаманат жайлы сөз.*

**СУЫҚҚОЛ** з а т. *Жымысқысы, сұғанақтығы бар адам, ұрлықшы.*

**СУЫҚҚОЛДЫ** с ы н. *Ұрлықты кәсіп еткен, сұғанақ.*

**СУЫҚСҮЙГІШ** с ы н. *Суыққа төзімді, суыққа бейімделген.*

**Суықсүйгіш өсімдіктер.** ө с. <грек. kiyos – суық, аяз, мұз, pliyton – өсімдік> *Суық және физиологиялық құрғақ мекенжайда өсуге бейімделген өсімдіктер.*

**СУЫҚСЫРА=** е т. **1.** *Суыңқырау, салқындау, тоңазу.* **2.** а у ы с. *Салқын тарту, көңілі суу.*

**СУЫҚСЫРАТ=** е т. *Суыңқырату, салқындату, тоңазыту.*

**СУЫҚСЫРАТУ** *Суықсырат етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҚСЫРАУ** *Суықсыра етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҚТА=** е т. **1.** *Суық өту, тоңу.* **2.** а у ы с. *Алшақтау, суысу, ренжісу.*

**СУЫҚТАЙ** с ы н. *Суық күйінде.*

**Суықтай қалыптайтын цех.** т е х. *Қаңылтырдан, жолақтан, таспадан тетік жасайтын цех.*

**СУЫҚТАН=** е т. *Сыздану, ызбарлану.*

**СУЫҚТАНУ** *Суықтан етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҚТАТ=** е т. *Алшақтату, суыту.*

**СУЫҚТАТУ** *Суықтат етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҚТАУ[1]** с ы н. **1.** *Суығырақ, салқындау.* **2.** а у ы с. *Сұстылау, ызғарлылау.*

**СУЫҚТАУ[2]** *Суықта етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҚТОРҒАЙ** з а т. з о о л. <лат. pyrrhula pyrrhula> *Орманды даланы мекендейтін төсі қызыл кішкене әнші құс.*

**СУЫҚТЫҚ** з а т. **1.** *Салқындық, тоңазушылық, суытып кетушілік.* **2.** а у ы с. *Ашулылық, ызғарлылық, зілділік.*

**Суықтық полюстері.** г е о г р. *Жер шарындағы ең төменгі ауа температурасы байқалатын аймақ.*

**СУЫҚШӨП** з а т. ө с. *Қазақстанның солтүстік облыстарында (Алтайда) өсетін шөптесін өсімдік.*

**СУЫЛ** з а т. *Сусылдаған дыбыс, зуыл.*

**СУЫЛДА=** е т. **1.** *Зуылдау, зу-зу етіп дыбыс шығару.* **2.** а у ы с. *Толастамау, тыншымау, тыным таппау.* **3.** а у ы с. *Зымырау, заулау.*

**СУЫЛДАҚ** с ы н. **1.** *Сырғып тұратын, сусылдағыш (құм, топырақ).* **2.** а у ы с. *Өтірікті қосып сөйлейтін, зуылдақ.*

**СУЫЛДАС=** е т. *Су-су етісу.*

**СУЫЛДАСУ** *Суылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫЛДАТ=** е т. **1.** *Зуылдату, зу-зу етіп дыбыс шығару.* **2.** а у ы с. *Зымырату, заулату.*

**СУЫЛДАТУ** *Суылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫЛДАУ** *Суылда етістігінің қимыл атауы; зуылдау, зу-зу етіп дыбыс шығару.*

**СУЫЛДЫР** з а т. ө с. <лат. blysmus> *Қиякөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СУЫН[1]** з а т. з о о л. *Бұғылар тұқымдасына жататын ірі аң.*

**СУЫН[2]** з а т. ж е р г. *Бауланған егін үйіндісі.*

**СУЫН[3]** з а т. м и ф. **1.** *Аңыз әңгімелерде, ертегілерде айтылатын тұлпар.* **2.** ж е р г. *Таза тұқымды жүйрік ат, арғымақ.*

**СУЫН=** е т. **1.** *Салқындау, суу.* **2.** а у ы с. *Ынтығы басылу, қызбалығы кему.*

**СУЫНДЫР=** е т. **1.** *Салқындату, суықтандыру.* **2.** а у ы с. *Ынтығын бастыру.*

**СУЫНДЫРУ** *Суындыр етістігінің қимыл атауы; ынтығын бастыру.*

**СУЫНТ=** е т. *Суыту, ыстығын басқызу.*

**СУЫНТУ** *Суынт етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫНТЫҚ** зат. өс. <лат. hygrophila plysperma> *Суда өсетін өсімдіктің түрі.*

**СУЫНУ** *Суын етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫНЫС=** ет. *Бір-біріне ынтығы басылу.*

**СУЫНЫСУ** *Суыныс етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫҢҚЫРА** сын. *Жылудың кеми бастауы; салқындаңқырау.*

**СУЫР** зат. **1.** *Қыста ұйықтап қалатын, кішірек кеміргіш аң және оның терісі.* **2.** зоол. <лат. marmota> *Кемірушілер отряды, тиінтәрізділер тұқымдасына жататын сүтқоректі.*

**Суыр бөрік.** *Суыр терісінен жасалған бөрік.* **Суыр жонданды.** *Ұзыншаланып жоталанды.* **Суыр тон.** этн. *Суыр терісінің иленген жағын беттестіріп тіккен яки суыр терісінің жүн бетін сыртына қаратып, астарлап тіккен тон түрі.* **Суырдың айғырындай шаңқылдады.** *Ащы, түрпайы дауыс шығарды.*

**СУЫР=** ет. **1.** *Біреуді, бір нәрсені, затты белгілі орнынан, жерден, судан т.б. тартып шығару, жұлып алу.* **2.** ауыс. *Бір заттың шаңын, қауызын тазарту, ұшыру.*

**Суырып салды.** *Дайындықсыз өз жанынан өлең шығарды.*

**СУЫРҒЫШ** зат. жерг. *Шөп суыратын құрал.*

**СУЫРДАЙЫН** сын. поэт. *Суыр сияқты, суырдай.*

**СУЫРМА** зат. *Үстел, шкаф сияқты жиһазға орнатылған кішкене тартпа жәшік.*

**СУЫРМАЛЫ** сын. *Тартпалы, алмалы-салмалы.*

**СУЫРТ=** ет. **1.** *Тартып шығарту, жұлып алдыру.* **2.** ауыс. *Желге ұстап ұшырту.*

**СУЫРТҚЫ: суыртқы құрт.** зоол. *Жұмыр құрттар класының суыртқы құрттар туысы болып табылатын ақшыл түсті, жіп тәрізді құрт.*

**СУЫРТПАҚ** зат. **1.** *Жібін суырып алу үшін пайдаланылатын матаның жіңішке қиындысы.* **2.** *Шашқа түскен ақ.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің шет пұшпағы, жалғасы.*

**СУЫРТПАҚТА=** ет. **1.** *Суыра түсу, шым-шымдап суыру.* **2.** ауыс. *Үзіп тастамай, тамтұмдап жалғастыру, сыздықтау.*

**СУЫРТПАҚТАЙ** сын. *Суыртпақ сияқты, суыртпақ секілді.*

**Суыртпақтай сетінеді.** *Ыдырады, тарқады.*

**СУЫРТПАҚТАЛ=** ет. *Суыра түсу, шым-шымдап суырылу.*

**СУЫРТПАҚТАЛУ** *Суыртпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРТПАҚТАТ=** ет. *Үзіп тастамай, тамтұмдап жалғастыру, сыздықтатып ақырын шығару.*

**СУЫРТПАҚТАТУ** *Суыртпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРТПАҚТАУ** *Суыртпақта етістігінің қимыл атауы; суыра түсу, шым-шымдап суыру.*

**СУЫРТУ** *Суырт етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРУ** *Суыр етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРЫЛ=** ет. **1.** *Тартып шығарылу, жұлыну.* **2.** ауыс. *Бір заттың шаңы, қауызы тазартылу, ұшырылу.* **3.** ауыс. *Жеке-дара бөлініп, алға түсу.*

**Суырыла сөйледі [сөз сөйледі].** *Ағылып, ойын еркін, жеткізе айтты.* **Суырылып шықты [шыға келді].** *Топтан ерекше бөлініп, алға ентеледі.*

**СУЫРЫЛТ=** ет. сөйл. *Желге ұстап ұшырту.*

**СУЫРЫЛТУ** *Суырылт етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРЫЛУ** *Суырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫРЫНДЫ** сын. *Жел ұрлеген, ұрінді.*

**СУЫРЫПСАЛМА** сын. *Өз жанынан тез арада өлең шығара алатын, алдын ала дайындалмай-ақ, бірден айтатын.*

**Суырыпсалма ақын.** *Табан астынан өлең шығаратын ақын.*

**СУЫРЫПСАЛМАЛЫҚ**[1] зат. *Өлеңді алдын ала дайындықсыз, ойдан шығарып, бірден айтатын ақындық қасиет.*

**СУЫРЫПСАЛМАЛЫҚ**[2] зат. спорт. *Орындалған музыкалық әуенге орай жаттығуларды құрастыру және орындау.*

**СУЫРЫС=** ет. *Тартып шығарысу.*

**СУЫРЫСУ** *Суырыс етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫС=** ет. **1.** *Аралары бір-бірінен алшақтау; салқын тартысу.* **2.** *Көңіл қалдыру, ренжіту.*

**СУЫСУ** *Суыс етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫСТЫҚ** сын. *Реніш, өкпе-нала, көңіл қалушылық.*

**СУЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Араларының алшақтауы; бір-біріне өкпелеңкіреу.*

**СУЫТ** үст. *Асығыс, тығыз, ұрттіс.*

**Суыт жүрді.** *Асығыс, тығыз, тоқтамай жүрді.*

**СУЫТ=** ет. **1.** *Ыстығын басқызу, салқындату.* **2.** ауыс. *Ұзақ жолдан терлеп келген аттың ер-тоқымын шешпей, айылын босатып, отқа қоймай тыныңтыру, дем алдырту.* **3.** ауыс. *Кірбің қабақ таныту, салқын мінез көрсету.*

**СУЫТҚЫШ** сын. *Тоңазытқыш, мұздатқыш.*

**СУЫТТЫР=** ет. *Тынықтыру, дем алдырту.*

**СУЫТТЫРУ** *Суыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫТУ** *Суыт етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫТЫЛ=** ет. **1.** *Салқындатылу, суық етілу.* **2.** ауыс. *Тынықтырылу, дем алдырылу.*

**СУЫТЫЛУ** *Суытыл етістігінің қимыл атауы.*

**СУЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Жылудың азайыңқырауы; салқындаңқырау.*

**СУЫТЫС=** ет. *Ыстығын бірге басқызу, салқындатысу.*

**СҰБХАНАЛЛА** од. діни. *Кемшіліксіз Алла, барлық кемшіліктерден ада Алла деген мәнде қатты қорқып, таңғалғанда айтылатын сөз.*

**СҰБХАТ** зат. сөйл. ***Сұхбат.***

**СҰБХАТТАС=** ет. сөйл. ***Сұхбаттас.***

**СҰҒАНАҚ** зат. **1.** *Жымысқы, ұры, тімискі.* **2.** *Ашқарақ, обыр, қомағай.*

**Сұғанақ аңшы.** *Жабайы аңды, балықты, құсты рұқсатсыз аулап, табиғатқа зиян тигізетін адам.*

**СҰҒАНАҚТАН=** ет. **1.** *Сұқтанып ұрлана қарау; ұрыншақтану.* **2.** *Ашқарақтанып қомағайлану, обырлану.*

**СҰҒАНАҚТАНУ** *Сұғанақтан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҒАНАҚТАУ** сын. **1.** *Жымысқылау, ұрылау.* **2.** *Ашқарақтау, қомағайлау.*

**СҰҒАНАҚТЫҚ** зат. **1.** *Жемқорлық, ұрлық.* **2.** *Қомағайлық, обырлық.*

**СҰҒУ** *Сұқ етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені пісіп алу, енгізу.*

**СҰҒУЛЫ** сын. *Сұғылған, тығулы.*

**СҰҒЫЛ=** ет. *Бір нәрсенің ішіне кіргізілу, енгізілу.*

**СҰҒЫЛУ** *Сұғыл етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҒЫН=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ішіне ену, кіру, бойлау.* **2.** ауыс. *Сұқтанып қарау.* **3.** ауыс. *Жан салып кірісу.*

**СҰҒЫНБА** зат. геол. *Морфологиялық тұрғыдан бастырмаға ұқсас жыртылып-айырылу құрылымы.*

**СҰҒЫНДЫР=** ет. *Кіргізу, ендіру, салу.*

**СҰҒЫНДЫРМА** зат. сушар. *Шоғырланған су ағынын жасау үшін гидромонитордың не ағым жасайтын басқа құрылғылардың оқпанының шығар тесігіне қосылатын келте құбыр.*

**СҰҒЫНДЫРУ** *Сұғындыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҒЫНДЫРЫЛ=** ет. *Кіргізілу, ендірілу.*

**СҰҒЫНДЫРЫЛУ** *Сұғындырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҒЫНУ** *Сұғын етістігінің қимыл атауы; ену, бойлау.*

**СҰҒЫНЫҢҚЫРА=** ет. *Ішке қарай кіріңкіреу.*

**СҰҒЫС=** ет. *Бір-біріне кірігу, ену.*

**СҰҒЫСУ** *Сұғыс етістігінің қимыл атауы.*

**СҰДЫН** зат. өс. *Қандышөптің емдік түрі; дәрілік қандышөп.*

**СҮЙҚЫЛ** сын. **1.** *Қою емес, сұйық.* **2.** *Сирек, жиі емес.* **3.** ауыс. *Берекесіз, пәтуасыз.*

**СҮЙҚЫЛДАН=** ет. **1.** *Қоюлығы азайып сұйылу.* **2.** ауыс. *Бәсеңсіну, төмендеу.*

**СҮЙҚЫЛДАНУ** *Сұйқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙҚЫЛДАУ** сын. *Қалың, қою емес; сирегірек.*

**СҮЙҚЫЛТ** сын. **1.** *Қою емес, сұйығырақ.* **2.** *Қалың емес; сирегірек.* **3.** ауыс. *Реңсіз, мазасыз.* **4.** ауыс. *Өтірік, жөн-жосықсыз.*

**СҮЙҚЫЛТТАУ** сын. *Жөнсіздеу, ретсіздеу.*

**СҮЙҚЫЛТЫМ** сын. **1.** *Сұйығырақ, сұйықтау.* **2.** *Қою емес, азғантай.* **3.** ауыс. *Сүреңсіздеу, нашарлау, сапасыздау.*

**Сұйқылтым тартты.** *Ебедейсізденді, сүйкімі кетті.*

**СҮЙЫҒЫРАҚ** сын. *Сұйықтау, сұйқылтым.*

**СҮЙЫҚ** сын. **1.** *Ағатын қасиеті бар, қою емес, сылдыр су. // Заттың қатты және газ тәрізді күйлерінің аралығындағы агрегаттық күй.* **2.** *Қалың, емес; ұсақ, селдір.* **3.** ауыс. *Берекесіз, сүреңсіз, маңызсыз.*

**Сұйық иониттер.** хим. *Ион алмасуға қабілетті сұйық шайғындатқылар.* **Сұйық кристалл.** физ. *Анизотроптық қасиеті бар молекулалары ретпен орналасқан сұйық.* **Сұйық отын.** хим. *Іштен жану қозғалтқыштарында (автомобиль, танк, авиация, ракета т.б.) отын ретінде қолданылатын органикалық заттардың жанармаймен қоспасы.* **Сұйық шыны.** хим. *Флотациялық байытуда тауҗыныс минералдарының флотациялануын басу үшін қолданылатын натрий немесе калий силикатының ерітіндісі, химиялық аты – кремний қышқылы ($H_2SiO_3$).*

**СҮЙЫҚТА=** ет. **1.** *Сұйылту, сылдыр суға айналдыру.* **2.** ауыс. *Берекесі кету, қожырау, сиырқұйымшақтау.*

**СҮЙЫҚТАЛ=** ет. *Сұйылу, сұйық болу.*

**СҮЙЫҚТАЛУ** *Сұйықтал етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЫҚТАН=** ет. *Сұйық күйге ену, сұйық бола түсу.*

**СҮЙЫҚТАУ**[1] сын. **1.** *Аздап сұйық; суы молдау.* **2.** *Сирегірек, селдірлеу.*

**СҮЙЫҚТАУ**[2] *Сұйықта етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЫҚТЫҚ** зат. физ. *Заттың қатты және газ тәрізді күйлерінің аралығындағы агрегаттық күйі; сұйық зат, сұйылған нәрсе.*

**Сұйықтық қозғалысы.** физ. *Сұйықтықтың кішкене бөлшектерінің сыртқы (гравитациялық) және ішкі жанама күштердің әсерінен жылжып ауысуы.* **Сұйықтық реттеу.** биол. *Ағзаның сұйық орталарында (қан, лимфа, жасушадағы және жасушааралық сұйықтық) ерігең қалыпта болатын биологиялық белсенді заттар арқылы мүшелер мен мүшелер жүйесінің тіршілігін реттеу.* **Сұйықтықтың арынды қозғалысы.** физ. *Сұйық заттың өткізбейтін қабаттармен шектелген, оларға барлық жанасу нүктелерінде атмосфералық қысымнан артық қысым түсетін ортадағы қозғалысы.*

**СҮЙЫҚФАЗАЛЫ: сұйықфазалы тотығу.** хим. *Сұйық ортада жүретін тотығу.*

**СҮЙЫЛ=** ет. **1.** *Сұйық бола бастау, сұйқылдану.* **2.** *Селдіреу, сиреу.* **3.** *Тарай бастау, ыдырау.* **4.** ауыс. *Сапасы нашарлау, қожырау; ұсақталу.*

**СҮЙЫЛТ=** ет. **1.** *Сұйықтықтың қоюлығын төмендету, сұйық ету.* **2.** ауыс. *Қожырату, бытырату.*

**СҮЙЫЛТҚЫШ** зат. *Сұйықтықтың қоюлығын төмендеткіш.*

**СҮЙЫЛТУ** *Сұйылт етістігінің қимыл атауы; сұйықтықтың қоюлығын төмендету. //* хим. *Еріткіш қосу арқылы ерітінді концентрациясын төмендету.*

**СҮЙЫЛТЫЛ=** ет. *Сұйық етілу, сұйықталу.*

**СҮЙЫЛТЫЛУ** *Сұйылтыл етістігінің қимыл атауы.*

**СҰЙЫЛУ** *Сұйыл етістігінің қимыл атауы; сұйық бола бастау, сұйықылдану.*
**СҰҚ**[1] зат. **1.** *Ішіп-жеп, қадалған көз.* **2.** *Ашқарақ, қомағай адам (ит).*
**Сұғын қадады [салып қарады].** *Тесіле, қадала қарады.* **Сұғы тиді.** *Көзі тиді.* **Сұқ әруақ.** *Түске кіретін есік алдында жамандап тұратын әруақ.* **Сұқ көзге ұшырады.** *Көз өтті, көз тиді.*
**СҰҚ**[2]**: сұқ қол [саусақ].** *Бас бармақ пен ортан қолдың аралығындағы саусақ.*
**СҰҚ=** ет. **1.** *Бір нәрсені пісіп алу, енгізу.* **2.** *Бір нәрсенің ішіне салу, тығу.*
**СҰҚАҚТА=** ет. сөйл. ***Сұғанақта.***
**СҰҚАНУАР** зат. *Шешен, сөзуар адам.*
**СҰҚБАҚ** зат. жерг. *Ішінде дәні жоқ асқабақ түрі.*
**СҰҚБАТ** зат. сөйл. ***Сұхбат*** *(әңгіме-дүкен құрған отырыс, жиын).*
**СҰҚБАТТАС=** ет. сөйл. ***Сұхбаттас.***
**СҰҚБАТТАСТЫР=** ет. ***Сұхбаттастыр.***
**СҰҚБАТТАСТЫРУ** *Сұқбаттастыр етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚБАТТАСУ** *Сұқбаттас етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚИ=** ет. *Үңіле қарау, шұқшию.*
**СҰҚИТ** зат. қарап. ***Суайт.***
**СҰҚҚЫ** зат. техн. *Техникалық бөлшек.*
**СҰҚҚЫЛА=** ет. **1.** *Ұшкір затты піскілеу, түйреу.* **2.** ауыс. *Дененің шаншықылап, түйреп ауруы.*
**СҰҚҚЫЛАТ=** ет. *Ұшкір затты піскілеп түйрету.*
**СҰҚҚЫЛАТУ** *Сұққылат етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚҚЫЛАУ** *Сұққыла етістігінің қимыл атауы; ұшкір затты піскілеу, түйреу. //* геол. *Тау жыныстарының пішіндері мен көлемін ұшкір сұққымен анықтау процесі.*
**СҰҚПА** зат. *Есіктің не қақпаның сыртынан не ішінен бекітетін ағаш я темір.*
**СҰҚСИ=** ет. *Өңірею, дөңкию.*
**СҰҚСИЮ** *Сұқси етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚСҰР** сын. *Жаман, түрпайы.*
**СҰҚСЫР** зат. **1.** *Сұр түсті кішкене үйрек; сұқсыр үйрек.* **2.** ауыс. *Жексұрын, сұм.*
**Сұқсыр үйрек.** зоол. <лат. podicipedidae> *Дене тұрқы 22–60 см, тұмсығы жалпақ емес, түзу және жұмыр, қанаттары қысқа, су бетімен екпіндеп барып, шапшаң ұшатын су құстарының бір тұқымдасы.*
**СҰҚСЫРДАЙ** сын. *Сұқсыр сияқты, сұқсыр тәрізді.*
**СҰҚСЫРЛАН=** ет. *Түсі қашу, сұрлану.*
**СҰҚСЫРЛАНУ** *Сұқсырлан етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚСЫРША** үст. *Сұқсыр тәрізденіп, сұқсырға ұқсап.*
**СҰҚТА=** ет. *Белгілі бір затты сұқ саусағымен көрсету, нұсқау.*
**СҰҚТАЛ=** ет. сөйл. ***Сұқтан*** *(түйрелеу, сұққылау).*
**СҰҚТАН=** ет. **1.** *Түйрелеу, сұққылау.* **2.** ауыс. *Ішіп-жеп, тесіле қарау, көзін тігу.*
**СҰҚТАНДЫР=** ет. *Тесілдіре қарау, көз тіктіру.*
**СҰҚТАНДЫРУ** *Сұқтандыр етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚТАНТ=** ет. *Тесілту, көз тіктірту.*
**СҰҚТАНТУ** *Сұқтант етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚТАНУ** *Сұқтан етістігінің қимыл атауы; тесіле қарау, көз тігу.*
**СҰҚТАНЫС=** ет. *Тесілісу, көз тігісу.*
**СҰҚТАНЫСУ** *Сұқтаныс етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚТЫҚ** зат. *Сұғанақтық, ашқарақтық.*
**СҰҚТЫР=** ет. *Белгілі бір нәрсенің ішіне сұққызу, тықтыру.*
**СҰҚТЫРУ** *Сұқтыр етістігінің қимыл атауы.*
**СҰҚЫМ** сын. *Тойымсыз, ашкөз.*
**СҰҚЫМДАУ** сын. *Тойымсыздау, ашкөздеу.*
**СҰЛА=** ет. **1.** *Ұзынынан түсу, құлап жату, серею.* **2.** *Жайылу, созылып, төну.*
**Сұлап түсті.** *Ұзынынан құлады, жалп етті.*

**СҰЛАМА**[1] зат. қолөнер. *Кең көсіліп жатқан жазықтық деген мағынаны білдіретін ою [Бұл оюды тоқылу ерекшелігіне байланысты бас-аяғы жоқ ою деп те атайды, өйткені қай шетінен (басынан) бастап тоқылса да өрнек қате түспейді, Бас-аяғы жоқ, шексіз деген мағынаны аңғартады].*
**СҰЛАМА**[2] зат. жерг. *Қарт әйелдер киетін кимешек пен жаулық түрі.*
**СҰЛАМА**[3] сын. *Кең көсіліп жатқан (жазық жер).*
**СҰЛАТ=** ет. *Ұзынынан түсірту, құлату, серейту.*
**СҰЛАТПА** сын. *Жерге көлденеңінен сұлатып салынған.*
**Сұлатпа бұтақ.** бот. *Бұталы өсімдіктердің шеткі өркендерін жатқыза иілдіре сұлатып, топырақпен көміп, көктемде қосалқы тамыр пайда болған жерінен төменірек кесіп алып, отырғызылатын бұтақ.*
**СҰЛАТУ** *Сұлат етістігінің қимыл атауы.*
**СҰЛАУ** *Сұла етістігінің қимыл атауы; ұзынынан түсу, серею.*
**СҰЛБА** зат. **1.** *Алыстан қараңдаған бейне, тұлға.* **2.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің жалпы жобасы, нобайы, нұсқа, үлгі.* **3.** бот. *Ағаш не өсімдіктердің діңінің жоғарғы бөлігін құрайтын өркендер жүйесі.* **4.** <грек. schema> *Конструкторлық құжаттамада бұйымның (немесе қондырғының) құрамдас бөлімдері мен құрама бөлшектері және олардың арасындағы байланыс шартты кескіндемелік белгілермен көрсетілген құжат.*
**Сұлба карта.** *Әдетте, координаталар торы жоқ, кейде контурлары өте жуық оңайлатылған карта.*
**СҰЛБАЛАН=** ет. *Сұлбасы көріну, байқалыну.*
**СҰЛБАЛАНУ** *Сұлбалан етістігінің қимыл атауы.*
**СҰЛТАН** зат. **1.** *Бірқатар мұсылман елдеріндегі монархтардың, бас билеушілердің атадан балаға мұра болып қалып отыратын мирасты лауазымы және сондай-ақ осы лауазымның иесі.* **2.** тар. *Қазақ жерінде Шыңғыс ханның тұқымынан шыққан билеушілерге беріліп, мирас болып қалып отырған лауазым, оның иесі.* **3.** тар. *Патшалық Ресейдің қазақ жерін билеуде енгізген әкімшілік жүйесі бойынша қазақ билеушілеріне берілген атақ-дәреже.* **4.** ауыс. *Бегзат, ақүйек, асылзада.*
**СҰЛТАНБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. mullus barbatus> *Алабұға тұқымдасына жататын теңіз балығы.*
**СҰЛТАНДЫҚ** зат. тар. *Сұлтан болушылық, әкімдік, төрелік.*
**СҰЛТАНСЫМАҚ** сын. экспр. *Сұлтан дәрежесіне жетпеген, сұлтан болып жүрген.*
**СҰЛУ** сын. **1.** *Сыртқы келбет-кескіні жағынан дұрыстылығымен, тартымдылығымен көзге түсетін (зат, нәрсе).* **2.** *Көрікті, ажарлы, өңді. // Көрікті, ажарлы, өңді қыз, бойжеткен, әйел баласы.* **3.** *Көркем, әсем көрінетін (табиғат құбылыстары т.б.).* **4.** *Ішкі мазмұны терең, сәнді, әсем, үйлесімді.* **5.** *Әсерлі, бейнелі, көркем.*
**Сұлу сары.** *Мүсіні жинақы, сарысы басым қылаң ат.* **Сұлудың жанарындай түп-тұнық.** поэт. *Мөлдір, таза ешкім тиіспеген, лайланбаған, пәк.*
**СҰЛУДАЙ** сын. *Сұлу сияқты, сұлу тәрізді.*
**СҰЛУЛА=** ет. **1.** *Әсемдеу, сәндеу, әдемілеу.* **2.** *Нақышына келтіру, көркемдеу.*
**СҰЛУЛАН=** ет. *Әсемдену, сәндену, әдемілену.*
**СҰЛУЛАНДЫР=** ет. *Әсемдендіру, сәндендіру, әдемілендіру.*
**СҰЛУЛАНДЫРУ** *Сұлуландыр етістігінің қимыл атауы.*
**СҰЛУЛАУ**[1] сын. *Ажарлылау, сымбаттылау, көріктілеу.*
**СҰЛУЛАУ**[2] *Сұлула етістігінің қимыл атауы; әдемі ету, әсемдеу.*
**СҰЛУЛЫҚ** зат. **1.** *Келбеттілік, өңділік, ажарлылық.* **2.** эст. *Адамның, ішкі дүниесінің, жанының әдемілігі, үйлесімділігі.* **3.** *Көркемдік, әсемдік.* **4.** филос. *Эстетикалық құндылықты сипаттайтын категория; әсемдік өлшемі.* **5.** ауыс. *Қызығы молдық, мазмұндылық.*
**Сұлулық салоны.** *Теріні, шашты, тырнақты күтіп, бояп, тән сұлулығын арттыратын әртүрлі шаралар жүргізуге арналған шағын мекеме.* **Сұлулық тәрбиесі.** *Эстетикалық, көркемдік туралы тәрбие.*
**СҰЛУЛЫҚСЫЗ** сын. *Сұлулығы жоқ, сұлу еместік.*
**СҰЛУСАРЫ** зат. өс. *Таудың биік беткейлерінде өсетін ашық күрең-қызыл түсті сұлу гүл.*
**СҰЛУСЫ=** ет. *Сұлу көріну, әсемсіп-сәнсу.*
**СҰЛУСЫН=** ет. *Сұлулану, әдемілену.*
**СҰЛУСЫНУ** *Сұлусын етістігінің қимыл атауы.*
**СҰЛУША** сын. *Әдемише келген, ажарлылау.*
**СҰЛУЫРАҚ** сын. *Келбеттірек, әдемірек.*
**СҰЛЫ** зат. өс. **1.** *Малға азық ретінде өсірілетін екпе дақыл.* **2.** <лат. avena> *Қоңырбас тұқымдас біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы; астық дақылы.*
**СҰЛЫБАС** зат. өс. <лат. avenastrum> *Шабындық пен жайылымда өсетін, астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**СҰЛЫҚ**[1] үст. *Қимылсыз, әрекетсіз күй.*
**Сұлық жатты.** *Халі нашарлап, қозғалмай, қимылсыз, тыныш жатты.* **Сұлық жүрді.** *Батыл әрекетке кіріспеді, бос жүрді.* **Сұлық түсіп жатты.** *Қимылсыз жатты, қозғалмады.*
**СҰЛЫҚ**[2]**: сұлқын басты.** *Аптығын басты, жігерін құм қылды.*
**СҰЛЫҚ**[3] зат. *Өң басы, реңі.*
**СҰЛЫП** зат. көне. *Тұқым, тек, жаратылыс.*
**СҰМ**[1] сын. **1.** *Залым, қу, жексұрын.* **2.** *Қанішер, қатыгез, жауыз.*
**Сұм жалған [өмір, дүние].** *Опасыз, баянсыз өмір.* **Сұм жүрек.** *Жаманшылық көп көрген, зарлы, шер жұтқан жүрек.* **Сұм жылан.** *Улы, шақса өлтіретін жылан.* **Сұм заман.** *Қайғы-қасірет, азабы көп дәуір.* **Сұм [қу] дүние.** *Қайырсыз, жалған өмір.* **Сұм тағдыр.** *Азабы көп, қатыгез жазмыш, өткен өмір.* **Сұм тілді.** *Жалған, улы сөзді.*
**СҰМ**[2] сын. *Бақытсыз, талайсыз, сормаңдай.*
**СҰМАҢДА=** ет. сөйл. ***Сумаңда.***
**СҰМҒҰЛА** зат. жерг. *Сұм, арам ниетті, сұмдықты тез сезетін адам.*
**СҰМДАН=** ет. *Залымдықпен қуақылану.*
**СҰМДАНУ** *Сұмдан етістігінің қимыл атауы.*
**СҰМДЫҚ** зат. **1.** *Қара ниеттілік, арамзалық, сұмырайлық.* **2.** *Жайсыздық, жайсыз жағдай, жаман хабар. // Жайсыз, жаман, шошынарлық.* **3.** *Қиындық, азап.* **4.** *Масқара, адам айтқысыз жағдай. //* **5.** *Ерекше, тылсым.*
**СҰМДЫҚ-АЙ** мод. эмоц. *Сөкет қылық, ұят, масқара.*
**СҰЛЫМСАҚ** зат. өс. *Таспаның (таспашөптің) бір түрі; ақ сабақты таспа.*
**СҰМ-ЖЫРЫНДЫ** сын. *Сұмырай, жексұрын, ұры, әккі.*
**СҰМҚАЙ** сын. *Жексұрын, сұм; жаман.*
**СҰМҚҰЛА** зат. өс. *Басқа өсімдік тамыры арқылы қоректеніп өсіп-өнетін, хлорофилсіз шөптесін өсімдік.*
**СҰМПАЙЫ** сын. *Сұмырай, жексұрын, сүйкімсіз. // Сұмырай, жексұрын, сүйкімсіз адам.*
**СҰМПАЙЫЛЫҚ** зат. *Жексұрындық, сүйкімсіздік.*
**СҰМЫН** [моңғ. сумын] зат. жерг. *Моңғолиядағы аймақтан кейінгі ауданмен шамалас әкімшілік-аумақтық бөлік.*
**СҰМЫНДЫҚ** сын. жерг. *Сұмынға қатысты, аудандық.*
**СҰМЫРАЙ** зат. **1.** миф. *Жалғыз аяқты, жалғыз көзді мақұлық.* **2.** ауыс. *Жауыз, сұм адам.*
**СҰМЫРАЙДАЙ** сын. *Сұмырай сияқты, сүйкімсіз.*
**СҰМЫРАЙЛАН=** ет. *Жексұрын болып көріну, сүйкімсіздену.*
**СҰМЫРАЙЛАНУ** *Сұмырайлан етістігінің қимыл атауы.*
**СҰМЫРАЙЛЫҚ** зат. *Жаман қылық, жексұрындық.*

**СҰНАҚТЫ** сын. жерг. *Тәжірибелі, көргені көп.*

**СҰҢ** зат. өс. *Сабағы иілгіш, жапырақтары талдың жапырағына ұқсас шөп.*

**СҰҢҒАЙ** зат. өс. *Дәрілік өсімдіктердің бір түрі.*

**СҰҢҒАҚ** сын. *Ұзын бойлы, биік.*

**Сұңғақ бой [бойлы].** *Бойы ұзын, бойшаң.* **Сұңғақ денелі.** *Ұзын бойлы, ашаң.*

**СҰҢҒАҚТАН=** ет. *Бойшаң тарту, ұзару.*

**СҰҢҒАҚТАНДЫР=** ет. *Бойшаң тарттыру, ұзарту.*

**СҰҢҒАҚТАНДЫРУ** *Сұңғақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҢҒАҚТАНУ** *Сұңғақтан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҢҒАҚТАУ** сын. *Сұңғағырақ, бойшаңдау.*

**СҰҢҒАҚТЫ** сын. сөйл. ***Сұңғақ.***

**Сұңғақты бие.** *Тек-тұқымы жақсы, бойшаң, кесек денелі бие.*

**СҰҢҒАҚТЫҚ** зат. *Бойшаңдық, ұзындық.*

**СҰҢҒАЛАҚ** зат. зоол. *Суда тіршілік ететін қандаланың түрі.*

**СҰҢҒАТ** зат. өнер. *Бейнелеу өнері.*

**СҰҢҒЫ** зат. *Мылтықтың басындағы өткір найза.*

**СҰҢҒЫЛА**[1] сын. **1.** *Көп білетін, білгір.* **2.** *Тез сезе қоятын, зерек, зерделі.* **3.** жерг. *Қу, сұм, залым.*

**Сұңғыла қыз.** *Қулығы, қылығы асқан бойжеткен.*

**СҰҢҒЫЛА**[2] зат. өс. <лат. orobanche> *Жапырақтары қабыршақ тәрізді, қарама-қарсы орналасып, гүлдері қос жынысты, масақ, шашақ, қалқанша тәрізді гүлшоғырына топтанған бір және көпжылдық шөптесін өсімдік тұқымдасы.*

**СҰҢҒЫЛАЛАУ** сын. **1.** *Зейінділеу, зерделілеу.* **2.** жерг. *Қулау, байқағыштау.*

**СҰҢҒЫЛАЛЫҚ** зат. **1.** *Зерделілік, зеректік.* **2.** жерг. *Қулық, сұмдық.*

**СҰҢҒЫТ** зат. жерг. *Қу, сұм.*

**СҰҢҚ: сұңқ етті.** *Әйелдің жіңішке даусы келте, қысқа гана шықты.*

**СҰҢҚАР** зат. <лат. falconidae> **1.** *Жемін көбіне ұшып жүріп теуіп аулайтын, денесі шағындау, қыран құстардың жалпы атауы.* **2.** зоол. <лат. falco gyrfalco> *Сұңқар тәрізділер отрядына жататын күндізгі жыртқыш құстардың жалпы атауы.* **3.** ауыс. *Ержүрек, өжет, батыл, қайратты ер адам.*

**Сұңқар мойын.** *Әдемі, жұмыр мойын.* **Сұңқардан ителгі туды.** *Жақсыдан жаман туды, тегі асыл еді, ұрпағы ұсақ болып кетті деген мағынада.*

**СҰҢҚАРДАЙ** сын. *Сұңқар сияқты, сұңқар тәрізді.*

**СҰҢҚАРДАЙЫН** сын. поэт. *Сұңқардай, сұңқар сияқты.*

**СҰҢҚАРША** үст. *Сұңқар тәрізді, сұңқар құсап.*

**СҰҢҚИ=** ет. *Еңкіш тартып бүгілу, имию.*

**СҰҢҚ-СҰҢҚ: сұңқ-сұңқ етті.** *Суырыла сөйлеп сұңқылдады.*

**СҰҢҚЫЛ** зат. **2.** *Құстың сұңқылдаған даусы.* **2.** ауыс. *Өлген адамды жоқтап жылаған, зарлы үн.*

**СҰҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Саңқылдап дауыс шығару.* **2.** *Құстың сұңқ-сұңқ етіп дыбыс шығаруы.* **3.** ауыс. *Сұңқ-сұңқ еткен дауыспен ән салу.* **4.** ауыс. *Тілмарсып сөйлеу.* **5.** *Сұңқсұңқ етіп жылау, дауыс салу.*

**СҰҢҚЫЛДАҚ** сын. *Сұңқылдаған, даусы сұңқ-сұңқ еткен.*

**Сұңқылдақ аққу.** зоол. <лат. cygnus cygnus> *Тұмсығы сарғыш, ұшы ғана қара болып келетін, денесі ірі, қанатын жайғанда 2,5 м-ге жететін қаз тәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын аққу құстың бір түрі.*

**СҰҢҚЫЛДАС=** ет. *Бірге сұңқылдау, сұңқ-сұңқ етісу.*

**СҰҢҚЫЛДАСУ** *Сұңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҢҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Сұңқ-сұңқ етіп дыбыс шығарту.* **2.** ауыс. *Зарлату, дауыс салдырту.*

**СҰҢҚЫЛДАТУ** *Сұңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СҰҢҚЫЛДАУ** *Сұңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**СҰП-СУЫҚ** сын. **1.** *Мұп-мұздай, тастай.* **2.** ауыс. *Ызғарлы, түсі суық.*

**СҰП-СҰР** сын. **1.** *Өте сұр түсті, қара бозғылт.* **2.** ауыс. *Өңі қашқан; қан жоқ, сөл жоқ.*

**СҰПЫ**[1] зат. *Жұқа ақ мата, ақ дабы.*

**СҰПЫ**[2] зат. сөйл. ***Сопы.***

**СҰПЫДАЙ: ақ сұпыдай.** *Аппақ құдай, боп-боз.*

**СҰР**[1] зат. **1.** *Сиық, түр-түрпат, сүдін.* **2.** *Көрініс, сыртқы бейне.*

**Сұр заман.** *Қатыгез шақ, ауыр уақыт.* **Сұры жоқ.** *Түрі жаман, келіссіз.* **Сұры кетті [қашты].** а) *Өңі қашты, түсі бұзылды.* ә)*Берекесі кетті, әбігерленді.* б) *Айбарынан айырылып, үрейленді.* **Сұрын алды [кетірді].** *Сиқы кетті; жүз-өңі бұзылды; құты қашты.*

**СҰР**[2] сын. **1.** *Заттың, нәрсенің бозғыл түсі.* **2.** ауыс. *Көңілсіз, сұрқай, жабырқау.*

**Сұр аю.** зоол. <лат. ursus arctos> *Солтүстік Америкада тіршілік ететін қоңыр аюдың түр тармағы.* **Сұр бұлт.** *Аспанды жаппай торлап, 4-5 шақырымдай биіктікте болатын тұнжыр бұлт.* **Сұр жебе.** көне. *Бұрынғы өткен батырлардың өткір, жылмақай садақ оғы.* **Сұр жебедей.** *Сұр жебе тәрізді.* **Сұр жылан.** *Сұр түсті жылан.* **Сұр заман.** көне. *Қатыгез шақ, ауыр уақыт.* **Сұр зығыр.** өс. *Зығыр тұқымдасына жататын өсімдік.* **Сұр мерген.** поэт. *Көздегенін қалт жібермей дәл атып түсіретін тісқаққан аңшы, мергеннің мергені.* **Сұр мергеннің оғындай.** поэт. *Қалт кетпейтін, дәл тиетін; ерекше.* **Сұр шолаң.** жерг. *Кішкене көк тышқан.* **Сұр шытырша.** өс. <лат. berteroa incana> *Биіктігі 20–60 см, сабағы тармақты, қысқа жұлдыз тәрізді түктермен жабылған өсімдік.* **Сұр шіл.** зоол. *Дене түрқы 35 см, сыртқы қауырсыны сұрғылт, онда көлденең жолақты қара дақтары, бүйірінде қоңыр жолақтары бар, басы мен мойны қызғылт сары түсті, бауыры – ақ және онда таға тәрізді қоңыр таңбасы болатын құс.* **Сұры қашты.** а) *Өңі өзгерді, сиқы кетті.* ә) *Берекесі кетті, жылуы кетті.*

**СҰРА=** ет. **1.** *Бір нәрсені білгісі келу, сөзге тартып, жауап алу.* **2.** *Бір затты беруін өтіну, қалау.* **3.** *Тілек білдіріп өтіну, қолқалау.* **4.** *Біреу туралы білгісі келіп, соны сөз қылу, шақыру.* **5.** ауыс. *Билеу, билік ету.*

**Сұраганға тілеген.** *Дөп келді, сәті түсті, құланның қасынуына мылтықтың басуы дәл келді.*

**СҰРАБДАЛ** сын. жерг. *Ізденгіш, әр нәрсені білуге құмар.*

**СҰРАҚ** зат. **1.** *Жауап алу, бір-бірімен қарым-қатынас барысында ойларын айқындау үшін қойылатын сұрау, сауал.* **2.** ауыс. *Әр нәрсенің сұрауы.* **3.** ауыс. *Шешімін таппаған мәселе.*

**Сұрақ белгі.** лингв. сөйл. ***Сұрау белгісі.*** **Сұрақ берді.** *Сұрақ қойды, сұрады.* **Сұрақ жаудырды.** *Үсті-үстіне сұрақ қойды.* **Сұрақ [сауал] қойды.** *Сұрады, білгісі келді.* **Сұрақтарды түрлендіру.** пед. *Оқушылардың, студенттердің білімін әр қырынан тексеру үшін қойылатын сұрақ, тапсырма.*

**СҰРАҚСЫЗ** сын. *Сұрағы жоқ, сұрақ қойылмаған.*

**СҰРАҚТЫ** сын. *Сұраулы, жауап күткен (пішін, келбет, кейіп).*

**СҰРАЛ=** ет. *Бір нәрсені білгісі келу мақсатында сұрақ қойылу.*

**СҰРАЛА** сын. *Сұр мен ағы аралас түсті.*

**СҰРАЛАҚАЗ** зат. зоол. <лат. ancer fabalis> *Қаз тәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын құстардың бірі.*

**СҰРАЛУ** *Сұрал етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАМЖАЛ** сын. жерг. *Сұраншақ, тіленшек.*

**СҰРАМШАҚ** сын. сөйл. *Сұрана беретін, тілемсек, сұраншақ.*

**СҰРАМШАҚТЫҚ** зат. сөйл. ***Сұраншақтық.***

**СҰРАМПАЗ** сын. сөйл. ***Сұраншақ.***

**СҰРАН=** ет. *Біреуден бір нәрсе өтіну.*

**СҰРАНБАҚ** сын. *Үнемі сұрана беретін, сұраншақ.*

**СҰРАНУ** *Сұран етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАНШАҚ** сын. жағымсыз. *Үнемі сұрана бергіш, тілемсек.*

**СҰРАНШАҚТАН=** ет. *Не болса, соны сұрап мазалау, тілемсектену.*

**СҰРАНШАҚТАНУ** *Сұраншақтан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАНШАҚТЫҚ** зат. жағымсыз. *Сұрай берушілік, тілемсектік.*

**СҰРАНШЫ** зат. *Сұрай беретін, сұраншақ адам.*

**СҰРАНЫМ** зат. экон. ***Сұраныс.***

**Сұранымды болжау.** экон. *Тиісті өндірістік жоспарларды жағымды түрде негіздеу мақсатымен тауарлар мен қызметтерге болашақ (ықтимал) сұранымды зерттеу.* **Сұранымды қанағаттандыру.** экон. *Қолда бар тауардың қалыпты жұмыс істеуін ғана емес, сонымен бірге оның қауіпсіздігін, түрлі нұсқаларының пайдаланылуын және сатудан кейінгі қызмет көрсетуді қамтитын процесс.* **Сұранымды молайту.** экон. *Сұраным кез келген бағамен ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің көлемін ұлғайту; ауытқымалы сұранымды оңға қарай сырғыту.* **Сұранымның жоқтығы.** экон. *Нарықтағы тұтынушылардың тауарға мүдделі болмауы немесе оған немқұрайды қарауы мүмкін жағдай.*

**СҰРАНЫС** зат. **1.** *Қажет етушілік, керек затты талап етушілік.* **2.** экон. *Нарықта ұсынылған игіліктерге (тауарларға, қызеттерге, жұмыс күшіне) тұтынушы, қолданушы тарапынан қажет етушілік, қажетсіну.* **3.** инф. <ағыл. query, request> *Мәліметтер базасынан немесе ақпараттық іздестіру жүйесінен керекті ақпарат (жауап) беруді талап ету процесі.*

**Сұраныс бойынша бетті жүктеу.** инф. <ағыл. demand paging> *Дискі беттерін қажетіне қарай негізгі жадқа жіберуге арналған виртуал операциялық жүйенің механизмі.* **Сұраныстар кітапханасы.** инф. <ағыл. inquiry library> *Сұраныстарды жүйелі сақтауға арналған, міндетті түрде сұраныстар тілінде құрастырылатын кітапхана.* **Сұраныстар тілі.** инф. <ағыл. query language> *Мәліметтер базасында орналасқан ақпаратқа қатынас құру үшін пайдаланылатын тіл.*

**СҰРАНЫШ** зат. сөйл. ***Сұраншы.***

**СҰРАПЫЛ** сын. **1.** *Алай-дүлей, ұйқы-тұйқы.* **2.** ауыс. *Қиянкескі, кескілескен.* **3.** ауыс. *Күшті, тегеурінді.*

**Сұрапыл боран.** *Қаруы қатты боран.*

**СҰРАПЫЛДАН=** ет. *Ұйқы-тұйқысын шығару, астан-кестен болу.*

**СҰРАПЫЛДАНУ** *Сұрапылдан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАС=** ет. *Бір-бірінен нәрсені білгісі келу, жөн білісу.*

**СҰРАСТЫР=** ет. *Мәліметті біреу арқылы немесе әркімнен сұрап білу.*

**СҰРАСТЫРУ** *Сұрастыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАСТЫРЫЛ=** ет. *Біреу туралы небір нәрсе жайында білу үшін сөз еттірілу.*

**СҰРАСТЫРЫЛУ** *Сұрастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАСУ** *Сұрас етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАТ=** ет. *Біреу арқылы сұрау.*

**СҰРАТҚЫЗ=** ет. *Сұрату, жауап алғызу.*

**СҰРАТҚЫЗУ** *Сұратқыз етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАТТЫР=** ет. *Сұрап жауап алдыру.*

**СҰРАТТЫРУ** *Сұраттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАТУ** *Сұрат етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРАУ**[1] зат. 1. *Жауап берілуін талап ететін сөз; сұрақ.* 2. *Сұраныс, талап.* 3. инф. *Компьютер желілерінде – көп абонентті арналар арқылы хост-компьютерге қосылған терминалдар мен шалғай құрылғыларды басқару тәсілі.*

**Сұрау алды.** көне. *Жауап алып тергеді.* **Сұрау белгі.** лингв. *Сұраққа жауап күту мақсатымен қойылатын тыныс белгі.* **Сұрау берді.** *Жауаптасты, тексерді.* **Сұрау есімдігі.** лингв. *Сұраулық мағынаны білдіретін есімдік.* **Сұрау салды.** *Хабар-ошарсыз кеткенді іздеді, хабар-дерегін сұрады.* **Сұрауын тапты.** *Тілін тапты, ретін келтірді.*

**СҰРАУ**[2] *Сұра етістігінің қимыл атауы; білгісі келу, жауап күту.*

**СҰРАУЛЫ** сын. *Сұралынатын, сұрауы бар.*

**Сұраулы сөйлем.** лингв. *Басқа біреуден жауап күту мақсатымен айтылатын сөйлем.*

**СҰРАУСЫЗ** сын. *Сұрауы жоқ, жоқтаусыз.*

**Сұраусыз өлді.** көне. *Соңынан іздер адамы болмай, кегі алынбай қалды.*

**СҰРАУЫЛ** зат. тар. *Сұрау салушы.*

**СҰРҒЫЛТ** сын. 1. *Сұрлау келген, сұр.* 2. *Құқыл тартқан, бозарған.* 3. ауыс. *Сүреңсіз, сұрықсыз, жүдеу.*

**Сұрғылт тартты.** *Қараңғылық басты, кешкірді.*

**СҰРҒЫЛТТАН=** ет. *Сұрғылт тарту, бозғылттану.*

**СҰРҒЫЛТТАНУ** *Сұрғылттан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРҒЫЛТТАУ** сын. *Сәл сұрғылт келген, сұрғылт тартқан.*

**СҰРЖЫЛАН** зат. 1. *Сұр түсті жыланның бір түрі.* 2. зоол. <лат. viperidae> *Африка мен Еуразияда кеңінен тараған, қабыршақтылар отряды жыландар тармағының тұқымдасы.* 3. ауыс. *Сұрқия, қас дұшпан.*

**СҰРЖЫЛАНДАЙ** сын. *Сұржылан сияқты, сұржылан тәрізді.*

**СҰРКӨБЕЛЕК** зат. зоол. *Алдыңғы қанатында көлденең орналасқан 5 жіңішке жолағы және 3 таңбасы бар, денесі сұр түсті жәндіктер класының қабыршақ қанаттылар отрядының сұркөбелектер тұқымдасының бір түрі.*

**СҰРҚАЙ** сын. 1. *Сұрғылт, сұр, жанға жайсыз, сүрең.* 2. ауыс. *Сүреңсіз, сұрықсыз.* 3. ауыс. *Жабырқаңқы, көңілсіз.* 4. ауыс. *Қиын, ауыр.* 5. ауыс. *Сапасы нашар, нәрсіз.*

**СҰРҚАЙЛАН=** ет. *Құқыл тарту, өңі кету, бозару.*

**СҰРҚАЙЛАНУ** *Сұрқайлан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРҚАЙЛЫҚ** зат. 1. *Сұрықсыздық, сүреңсіздік.* 2. ауыс. *Сапасы нашарлық, сапасыздық.*

**СҰРҚАЙҚЫ** зат. жерг. *Су астында қалып, кейін кеуіп, ұзақ уақыт жатып қалған сиырдың нығыз келген, отқа жаққанда қызуы мол тезегі.*

**СҰРҚАРЛЫҒАШ** зат. зоол. <лат. apodidae> *Зиянды жәндіктерді құртатын пайдалы құс.*

**СҰРҚИЯ** сын. *Оңбаған, залым, сұмырай.*

**Сұрқия тіл.** *Аздырушы, әзәзіл сөз.*

**СҰРҚИЯЛАН=** ет. *Сүйкімсіз, жексұрын болу.*

**СҰРҚИЯЛАНУ** *Сұрқиялан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРҚИЯЛЫҚ** зат. *Оңбағандық, сұмпайылық.*

**СҰРҚЫЛ** сын. сөйл. ***Сұрғыл.***

**Сұрқыл тартты.** *Сұрғылттанды, сұрқайланды, сұрланды.*

**СҰРҚЫЛТ** сын. жерг. ***Сұрғылт.***

**СҰРҚЫЛТАЙ**[1] зат. көне. *Ханның кеңесшісі, ақылшысы.*

**СҰРҚЫЛТАЙ**[2] зат. *Екіжүзді, опасыз, қаскүнем адам.*

**Сұрқылтай заман**. *Қиын, қатыгез, ауыр заман.*

**СҰРЛАН=** ет. 1. *Сұрғылт, сұр түске ену.* 2. ауыс. *Түсі бұзылу, өңі кету, бозару.* 3. ауыс. *Қанын ішіне тарту.*

**СҰРЛАНДЫР=** ет. *Түсін бұздыру, бозару.*

**СҰРЛАНДЫРУ** *Сұрландыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЛАНУ** *Сұрлан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРМЕРГЕН** зат. *Атқан оғы мүлт кетпейтін мерген.*

**СҰР-МҰР** зат. сөйл. *Анау-мынау.*

**СҰРСЫЗ** сын. *Сиықсыз, келбетсіз.*

**СҰРСЫЗДАН=** ет. *Ұсқыны кету, түрі бұзылу.*

**СҰРСЫЗДАНУ** *Сұрсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРТОПЫРАҚ** зат. геогр. *Шөлейт жерде қалыптасатын топырақ түрі.*

**СҰРТОПЫРАҚТЫ** сын. геогр. *Құрамы сұртопырақтан тұратын.*

**СҰРТЫШҚАН** зат. зоол. *Жабайы және екпе өсімдіктерді зақымдап, зиян келтіретін кеміргіш жәндік.*

**СҰРША** сын. *Ашаңдау келген сұр түсті.*

**Сұрша балық.** зоол. *Албырт тұқымдасына жататын балық.*

**СҰРШӨП** зат. өс. *Малазықтық өсімдік.*

**СҰРЫҚ** зат. *Сүйкімсіздеу, азып-жүдеген сыртқы келбет, ұсқын.*

**Сұрқы жаман.** *Түрі үрейлі; жүзі адам көргісіз, келіссіз.* **Сұрқы қашты [кетті].** *Өңі қашты, түсі бұзылды.* **Сұрқын алды.** *Сиқы кетті; жүз-өңі бұзылды; құты қашты.* **Сұрқын қашырды.** *Өңін алды, ұсқынын кетірді, берекесін кетірді.*

**СҰРЫҚСЫЗ** сын. 1. *Сұрқы нашар, ұсқынсыз.* 2. ауыс. *Сұрқай, көңілсіз.*

**СҰРЫҚСЫЗДАН=** ет. *Сұрқы кету, өңі қашу.*

**СҰРЫҚСЫЗДАНДЫР=** ет. *Сұрқын кетіру, өңін алу.*

**СҰРЫҚСЫЗДАНДЫРУ** *Сұрықсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЫҚСЫЗДАНУ** *Сұрықсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЫҚСЫЗДАУ** сын. *Сұрқы нашарлау, көріксіздеу.*

**СҰРЫҚСЫЗДЫҚ** зат. *Сұрқы кеткендік, сиықсыздық.*

**СҰРЫП**[1] зат. *Шыттан сәл қалыңдау, жылтырақ мата.*

**СҰРЫП**[2] зат. *Таңдалып іріктелген, жақсы ет.*

**СҰРЫП**[3] зат. <франц. corte> *Белгілі бір зат, өнім, тауар сапасының көрсеткіші.*

**СҰРЫПТА=** ет. *Таңдап, талғап алу.*

**СҰРЫПТАҒЫШ** зат. кен. *Сулы ортадан әртүрлі ірілік кластарын бөліп алуға қолданылатын аппарат.*

**СҰРЫПТАҒЫШТЫҚ** зат. *Сұрыптағыш қасиеті бар.*

**СҰРЫПТАЛ=** ет. *Таңдалып, талғап алыну.*

**СҰРЫПТАЛУ** *Сұрыптал етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЫПТАМАЛЫ** сын. *Сұрыпталатын, таңдамалы.*

**СҰРЫПТАС=** ет. *Бірге таңдау, талғасу.*

**СҰРЫПТАСУ** *Сұрыптас етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЫПТАУ** зат. 1. биол. *Ағзаның сыртқы орта жағдайларына мейлінше көп бейімделуін қамтамасыз ету үдерісі.* 2. геол. *Ұсақталған бөлшектерінің мөлшері бойынша әр текті пайдалы қазылымды ірілігі жөнінен шамамен біртекті екі не одан көп өнімге бөлу үдерісі.* 3. инф. <ағыл. sorting> *Шақырулардың сұрыптаулық тізбесіне қосылған терминалды немесе оның құрауышын адрестеу; белгілі бір ережеге сәйкес жиын элементтерін топ бойынша ұлестіру үдерісі.* 4. әск. *Арнайы сұрыптаулық қондырғы арқылы жүзеге асырылатын телебасқару объектілерінің қабылдау қондырғысында пәрмендік белгілерді (сигналдарды) ажырату үдерісі.*

**Сұрыптау ережелері.** хим. *Атомдар, молекулалар, атомдық ядролар, қарапайым бөлшектер және басқа физикалық жүйелердің квант күйлері арасындағы мүмкін болатын ауысуларды анықтаушы ережелер.* **Сұрыптау құндылығы.** биол. *Бір генотиптің басқа генотиппен салыстырғандағы сұрыптау құндылығы (артықшылығы).* **Сұрыптау шкаласы.** кен. *Затты ірілік кластарға бөлу үшін қолданылатын жиынтық елек тесіктерінің қатары.*

**СҰРЫПТАУ** *Сұрыпта етістігінің қимыл атауы.*

**СҰРЫПТАУ-БІРІКТІРУ** зат. инф. *Компьютердің бағдарламалық жасақтама құрамына кіретін арнайы сұрыптау-біріктіру бағдарламасының көмегімен орындалатын мәліметтерді сұрыптау мен жинақтау процесі.*

**СҰРЫПТАУЫШ** зат. инф. <ағыл. selector> *Сүйемелдейтін импульстердің бар болуына байланысты кірістік электр сигналдарын бір немесе екі шығыстық желіге автоматты түрде бағыттайтын құрылғы.*

**СҰРЫПТАУЫШ-КОМПАРАТОР** зат. инф. <ағыл. sorter-comparator> *Мәліметтерді сұрыптауды және оларды салыстыруды орындайтын құрылғы немесе бағдарлама.*

**СҰС** зат. *Айбат, қаһар.*

**Сұс болды.** *Түнерді, сұстанды, қатуланды.* **Сұс көрсетті.** *Сұстанды, айбаттанды.* **Сұсы басты.** *Сұсы кейпі жасқантып тастады.*

**СҰСТАН=** ет. *Сұс көрсету, қатулану.*

**СҰСТАНДЫР=** ет. *Сұс көрсеттіру, қатуландыру.*

**СҰСТАНДЫРУ** *Сұстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СҰСТАНУ** *Сұстан етістігінің қимыл атауы.*

**СҰСТИ=** ет. сөйл. *Едірейіп тұрып қалу, состию.*

**СҰСТИЫС=** ет. сөйл. *Едірейіп тұрып қалысу, состиысу.*

**СҰСТИЫСУ** *Сұстиыс етістігінің қимыл атауы.*

**СҰСТИЮ** *Сұсти етістігінің қимыл атауы.*

**СҰСТЫ** сын. 1. *Түсі суық, зілді, қаһарлы.* 2. ауыс. *Сұрқай, сұрықсыз.*

**СҰСТЫЛАУ** сын. *Түсі суықтау; зілдідеу, қатулау.*

**СҰСТЫЛЫ** сын. *Түсі суық, түнеріңкі.*

**СҰСТЫЛЫҚ** зат. *Түсі суықтық, айбаттылық.*

**СҰХБАТ** [ар. صحبة] зат. сөйл. 1. *Әңгіме-дүкен құрған отырыс, жиын.* 2. қоғ.-саяси. *Ғылым, мәдениет, әдебиет т.б. қайраткерлерімен кездесіп өткізілетін әңгіме, пікір алысу.* 3. публ. *Журналистің белгілі бір мәселе төңірегінде бір немесе бірнеше адаммен әңгіме жүргізу түрінде өткізілетін публицистика жанры.* 4. психол. *Әдетте не ақпарат жинау үшін, не психотерапевтік әсер ету үшін қолданылатын, арнайы бағытталған диалог.*

**Сұхбат қылды.** *Әңгімелесті, пікірлесті.*

**СҰХБАТТАС=** ет. *Жиналып әңгіме-дүкен құрысу.*

**СҰХБАТТАСТЫҚ** зат. *Достық, көңілдестік.*

**СҰХБАТТАСУ** *Сұхбаттас етістігінің қимыл атауы.*

**СҮБЕ** зат. 1. *Мал қабырғаларының етегіне біткен, майлы, қалың етті, қыртысты, кейінгі бөлегі.* 2. *Адам қабырғасының астыңғы тұсы.* 3. ауыс. *Маңдайалды, таңдаулы адам.*

**Сүбе би.** көне. *Басты би, белді би.* **Сүбе қабырға.** *Қой-ешкінің 7-12 қабырғалары.* **Сүбесін сөкті.** *Қиратты, быт-шыт етіп талқандады.*

**СҮБЕДЕЙ** сын. *Сүбе сияқты, сүбе тәрізді.*

**СҮБЕЛЕ=** ет. *Етті сүбе етіп бөлу.*

**СҮБЕЛЕУ** *Сүбеле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮБЕЛІ** сын. 1. *Семіз, қоңды, майлы.* 2. ауыс. *Ең жақсы, таңдаулы.*

**Сүбелі ата [ауыл].** көне. *Қабырғалы, ірі ру, күшті, жуан ата, ықпалды ауыл.*

**СҮБЕЛІК** зат. 1. *Малдың сүбесі, сүбе тұсы.* 2. ауыс. *Іргелі, мықты ел.*

**СҮБЕЛІЛЕУ** сын. *Жақсырақ, үлесті.*

**СҮБІ** үст. көне. *Ертелі кеш.*

**СҮГЕН** з а т. к ә с. *Тұмсығы ұзын, жіңішке, дарияда болатын балық түрі.*

**СҮГЕНДЕЙ** с ы н. *Сүген балықтай.*

**СҮГІРЕТ** з а т. с ө й л. ***Сурет.***

**СҮДІГЕР** з а т. *Келесі жылы көктемде дәнді дақылдар егу үшін күзде жыртылған жер.*

**СҮДІГЕРЛІК** с ы н. *Сүдігерге қатысты, сүдігерге тән.*

**Сүдігерлік өңдеу.** е г і н ш а р. *Жазда немесе алдағы жылы жаздық дақылдар егуге арнап жазда-күзде топырақты жыртып өңдеу.*

**СҮДІН** з а т. ж е р г. *Сұр, ұсқын, түр, кейіп, бейне.*

**Сүдінің құрысын.** *Сұры, түрпаты келіспеген адамға айтылады.*

**СҮДІНСІЗ** с ы н. ж е р г. *Түрі нашар, ұсқынсыз.*

**СҮДІНСІЗДЕУ** с ы н. ж е р г. *Түрі нашарлау, ұсқынсыздау.*

**СҮДІР** з а т. к ө н е. *Түйенің еті.*

**СҮЗ[1]=** е т. *Мүйізбен қағу, соғу; мүйіздеу.*

**СҮЗ[2]=** е т. **1.** *Сұйық затты сүзгіден өткізу.* **2.** *Тор, ау салып балық ұстау.* **3.** а у ы с. *Көп жерді аралап тінту, қарап шығу.*

**Сүзе қарады**. *Көзінің астымен қарады, жақтырмады.* **Сүзетін бұқадай.** *Басын төмен тұқыртып, мойнын күжірейтіп, көзін алартып, қатты ашулану.* **Сүзіп шықты [өтті].** а) *Аралап, қарап шықты, тексерді.* ә) *Сүзе қарады, көз жүгіртті.*

**СҮЗБЕ** з а т. т а м а қ. *Айраннан сүзіліп жасалатын тағам, жақсы ұйыған қатықтың қалтаға құйылып, сорғытылған түрі.*

**СҮЗБЕЛІ: Сүзбелі шаңтұтқыш.** т е х. *Газдың ағынын кеуек бөгет арқылы өткізіп сүзетін шаңтұтқыш.*

**СҮЗГІ** з а т. с ө й л. **1.** ***Сүзгіш.*** **2.** ж е р г. *Тесік ожау, шолпы.* **3.** *Шәйнектен шайды кесеге құйғанда саманы ұстап қалатын сүзгіш құрал.* **4.** т е х. <франц. filtre> *Сұйықты немесе газды бөгде қатты қоспалардан тазалауға арналған қондырғы немесе зат.* **5.** т е х. *Белгілі бір жиілікті дыбыстың, электрмагниттік толқындарды, кейбір сәулелерді өткізетін немесе тоқтататын аспап, құрылғы.*

**Сүзгі ау.** ж е р г. *Балық аулайтын тор көз ау.* **Сүзгі қайық.** ж е р г. *Суға сүзгі салатын үлкен қайық.*

**СҮЗГІ-НЫҒЫЗДАҒЫШ** з а т. т е х. *Илгіш, сүзетін тоспасы бар сүзгіш.*

**СҮЗГІЗ=** е т. *Мүйізімен қаққызу, мүйіздеткізу.*

**СҮЗГІЗУ** *Сүзгіз етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗГІЛЕ[1]=** е т. *Қайта-қайта сүзу, мүйіздеу.*

**СҮЗГІЛЕ[2]=** е т. *Сүзгіден өткізу, қайта-қайта сүзу.*

**СҮЗГІЛЕН=** е т. *Сүзгіден өткізілу.*

**СҮЗГІЛЕНУ** *Сүзгілен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗГІЛЕС=** е т. *Мүйіз қағысу, мүйіздесу.*

**СҮЗГІЛЕСУ** *Сүзгілес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗГІЛЕУ[1]** з а т. г е о л. *Жерасты суларының борпылдақ тау жыныстарының қуыстарында және жартасты жыныстардың жарықшаларында кеуектер мен жарықшалар суға әбден толған кездегі қозғалысы.*

**СҮЗГІЛЕУ[2]** *Сүзгіле етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта сүзу.*

**СҮЗГІЛІК: сүзгілік ара бөлгіш.** х и м. *Сұйықтықты немесе газды өткізіп, қатты затты ұстап қалатын кеуек материал қабаты.*

**СҮЗГІШ** з а т. *Сұйық затты сүзуге арналған құрал.*

**Сүзгіш катер.** ә с к. *Өзен, көлде, каналда, айлақта жау минасын тауып, оны жоятын кеме.* **Сүзгіш қабат.** г е о л. *Белгілі бір жерде таралған және өлшеуге болатын қалыңдығы бар, саңылаулы-жарықшақты және қуыс-кеуекті таужыныстар.*

**СҮДІР** з а т. к ө н е. *Түйенің еті.*

**СҮЗДІР=** е т. *Суды, сұйық затты сүзгіден өткіздіру.*

**СҮЗДІРТ=** е т. *Мүйізбен қаққызу, мүйіздету.*

**СҮЗДІРТУ** *Сүздірт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗДІРУ** *Сүздір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗЕГЕН** с ы н. **1.** *Мүйізден кететін, сүзетін (мал).* **2.** а у ы с. *Аяусыз, қатал.*

**Сүзеген бұқа.** *Мүйіздей беретін, сүзгіш бұқа.* **Сүзеген бұқадай қарады [қадалды].** *Көзімен сүзе қарады, жақтырмады.* **Сүзеген бұқаның көзіндей [көзі тәрізді].** *Аларып, төңкеріліп тұратын, жағымсыз қарасты көз.* **Сүзеген бұқаша.** *Мойнын күжірейтіп, көзін алартқан, ашулы күйде.*

**СҮЗЕК** з а т. *Қатты сандырақтап ауыртатын жұқпалы ауру.*

**Сүзектен тұрғандай [тұрған кісідей].** *Тым жүдеу, арық.*

**СҮЗЕКІ** з а т. ж е р г. *Балықты сүзіп аулайтын сүзгі, тор.*

**СҮЗУ[1]** з а т. х и м. <лат. fillrum> *Сүзгіш тоспалар көмегімен суспензияларды және аэрозольдарды майдалық орта және майдалық фазаға бөлу процесі.*

**СҮЗУ[2]** *Сүз етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗУ[3]** *Сүз етістігінің қимыл атауы. // Сұйықты ерімеген қатты түйіршіктерден, газдарды шаң-тозаңнан, күйеден бөлу әдісі.*

**СҮЗУЛІ** с ы н. *Таралып қиылған, сүзілген.*

**СҮЗІЛ[1]=** е т. *Түйрелу, мүйіздеулу.*

**СҮЗІЛ[2]=** е т. *Сүзгіден өткізілу.*

**Сүзіліп қарады.** *Телміріп, басын алға созып қарады.*

**СҮЗІЛГІШ** с ы н. *Сүзілетін, сүзілуге арналған.*

**Сүзілгіш бактериялар.** б и о л. *Зардапты бактериялардың, стафилококтардың, стрептококтардың, ішек таяқшасының, сальмонеллалардың, сонымен қатар сүзек дизентериясының, дифтерияның қоздырушыларының және т.б. микробтардың бөлшектеніп, майдаланып, сүзілгіш түріне айналған бактериялар тобы.*

**СҮЗІЛДІР=** е т. *Таралып құдырылу.*

**СҮЗІЛДІРУ** *Сүзілдір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗІЛТ=** е т. *Сүзгілету, сүзгіден өткіздіру.*

**СҮЗІЛТУ** *Сүзілт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗІЛУ** *Сүзіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сүзгіден өткізілу.* **2.** х и м. *Кеуек орта немесе түйіршікті қабат арқылы сұйықтың немесе газдың өткізілуі.*

**Сүзілу алабы.** с у ш а р. *Жердің кеңістік бөлігі, сүзілуші ағынның алып жатқан көлемі.* **Сүзілу алаңы.** с у ш а р. *Ластанған ақаба (сарқынды) суларды топырақтың үстіңгі қабаттары арқылы жерге сіңіру жолымен тазартуға арналған жер (телімі).* **Сүзілу аспаптары.** с у ш а р. *Таужыныстардың сүзгіштігін (сүзілу коэффициенті) анықтау үшін қолданылатын аспаптар.* **Сүзілу жолы.** с у ш а р. *Судың жоғарыдан төмен қарай сүзілу арқылы жер астындағы су деңгейіне жеткен аралығы.* **Сүзілу жылдамдығы.** а) с у ш а р. *Суды горизонттың көлденең қимасы арқылы белгілі бір уақыт ішінде ағып өтетін су мөлшері (см$^3$/тәулік, м$^3$/тәулік).* ә) *Заттың ірілігі мен қиыршықтылығына байланысты оның тез немесе баяу сүзілуі; зат негурлым ірілеу және қиыршықты болса, соғұрлым тезірек сүзіледі.* **Сүзілу ысыраптары.** с у ш а р. *Гидродинамика тұрғысынан алғанда, негізінен таужыныстардың кедергісі салдарынан (кейде су тұтқырлығынан) жерасты суларының сүзілу шамасының бәсеңдеуі; гидрофизикалық тұрғыдан, мысалы, судың жоғарыдан төменгі деңгейге жеткенше кеткен ылғал шығыны, яғни сүзілу ысырабы.*

**СҮЗІНДІ** з а т. *Сүзгі бетте қалатын, сүзілген зат, заттек.*

**СҮЗІС=** е т. **1.** *Бір-бірін сүзу, мүйіздесу.* **2.** а у ы с. *Келіспей қақтығысып қалу, ұстасу.*

**СҮЗІСТІР=** е т. *Бір-бірін сүздіру, мүйіздестіру.*

**СҮЗІСТІРУ** *Сүзістір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЗІСУ** *Сүзіс етістігінің қимыл атауы; бір-бірін сүзу, мүйіздесу.*

**СҮЙ=** е т. **1.** *Ерінді тигізіп, мейірлене өбу.* **2.** *Туған жер, Отан, атамекенді қадірлеу, қастерлеу.* **3.** *Ата-ананы, сәбиді, туған-туысты, бауырды, адамды жақсы көру, сыйлау.* **4.** *Ғашық болу, ынтығу, құмарту.* **5.** *Өзін-өзі жақсы көру, өзін жоғары бағалау.* **6.** а у ы с. *Бір затты, өнерді жақсы көру, табыну.* **7.** п о э т. *Есу, леп согу.*

**Сүйген жар.** *Сүйіп қосылған жұбайы, сүйікті қосағы.* **Сүйген жүрек.** *Ғашық адам.* **Сүйген [жан] сәулем.** п о э т. *Сүйіктім, ғашығым деп ынтық болған, сүйген қызына еркелету мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* **Сүйіп өтті.** *Өле-өлгенше жақсы көрді.*

**СҮЙГЕНДІК** з а т. *Сүюшілік, мейірленушілік.*

**СҮЙГІ** с ы н. с ө й л. ***Сүйікті.***

**СҮЙГІЗ=** е т. **1.** *Ерінді тигізіп, өбкізу.* **2.** *Жақсы көргізу, силатқызу.*

**СҮЙГІЗУ** *Сүйгіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өбкізу.* **2.** *Жақсы көргізу.*

**СҮЙГІЛІК** с ы н. с ө й л. ***Сүйікті.***

**СҮЙГІШ** с ы н. *Сүйе беретін, сүюге құмар, ынтық.*

**СҮЙГІШТІК: мансап сүйгіштік.** *Мансапқорлық, атақ құмарлық.*

**СҮЙДЕ=** е т. *Солай де сөзінің қысқартылып айтылуы.*

**СҮЙДЕУ** *Сүйде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙДІР=** е т. **1.** *Ерін тигізіп, өбтіру.* **2.** *Ғашық ету, жақсы көргізу.* **3.** *Өзін-өзі жақсы етіп көрсету.*

**СҮЙДІРУ** *Сүйдір етістігінің қимыл атауы; ерін тигізіп, өбтіру.*

**СҮЙЕ=** е т. **1.** *Бір затты құламас үшін бір нәрсеге тіреп қою.* **2.** *Біреуді демеу, сүйемелдеу.* **3.** а у ы с. *Біреуді жақтау, қолдау.*

**СҮЙЕК** з а т. **1.** *Адам мен хайуанаттар денесінің қаңқасы.* **2.** а у ы с. *Өлген адамның денесі, мәйіті.* **3.** *Өне бойы, тұтас дене.* **4.** а у ы с. *Атадек, ру.* **5.** э т н. *Киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтан тұратын негізгі қаңқасы.*

**Сүйегі асыл.** а) *Мықты, қайратты.* ә) *Атақты, текті жерден, тегі жақсы, тұқымы мықты.* **Сүйегі ауыр.** а) *Ауыр тартатын, салмағы ауыр.* ә) *Өте салмақты, сабырлы.* **Сүйегі балқыды.** *Жан жүйесі босады.* **Сүйегі бекіді.** *Толысып жетілді, ержетті, есейді.* **Сүйегі бос.** *Жасық, болбыр.* **Сүйегі бір ағармады.** **Сүйегі жаман.** к ө н е. *Тегі нашар, тексіз.* **Сүйегі жасыды.** а) *Қапаланды, қорланды, күйінді.* ә) *Беті қайтты.* **Сүйегі жасық.** *Өте бос, жігерсіз.* **Сүйегі құрады.** *Өлгеніне талай болды, қайтыс болғанына көп уақыт өтті.* **Сүйегі қызды.** *Елікті, намысы қозды.* **Сүйегі менікі, еті сенікі.** к ө н е. *Бала менікі болғанымен, сенің қол астыңда, не істесең де еріктісің деген мағынада.* **Сүйегін әзер сүйретті.** *Жүйкеледі, болдырды.* **Сүйегіне қына шықты.** *Құрып бітті, аты өшті.* **Сүйегіне сіңген.** *Қанына сіңген, әдет болып кеткен.* **Сүйегін жасытты.** *Сағын сындырды.* **Сүйегін жуды.** *Өлген адамды арулады.* **Сүйегін қорлады.** *Ата-тегінің намысына тиетін, қорлық болатын іс етті.* **Сүйегін салды.** *Сынған сүйекті қалпына келтірді, орнына түсірді.* **Сүйегің шыққыр!** қ а р ғ. *Өлігің шықсын, өл деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Сүйегі сал болды.** а) *Мешел болды.* ә) *Діңкеледі, болдырды.* **Сүйегі саудыраған.** *Әбден қартайған, арық.* **Сүйегі саудырады.** *Қартайып, сүлдері ғана қалды, жасы келіп солып, қуарды.* **Сүйегі шықты.** э т н. *Өлген кісінің денесін қабірге қарай алып жүрді.* **Сүйегі шымырлады.** *Тұла бойы түршікті.* **Сүйек алысты.** *Қыз алысып, қыз берісті, құдандалы болды.* **Сүйек бермес.** *Қомағай, обыр; «сүйекті екі жағынан ұстап, ортасынан тістеген» сараң.* **Сүйек жақын [туыс] болды.** *Сүйек шатыс, құдандалы болды.* **Сүйек жаңғыртты.** *Бұрыннан құдандалы болып келе жатқан кісілер қыз берісіп, жекжаттықты қайтадан жаңалады.* **Сүйек жону.** *Сүйек жонумен байланысты қолөнері түрі.* **Сүйек кебеже.** *Сүйекпен оюлап, мықтармен әшекейлеген ағаш кебеже.* **Сүйекке бу енді.** *Балқыды, елжіреді.* **Сүйекке біткен.** *Тумысынан солай, қалыптасқан, тәрбиеленген.* **Сүйекке кірді.** э т н. *Қайтыс болған кісіні арулап, ақ жуғуға қатысты.*

**Сүйекке кіру.** э т н. *Қайтыс болған кісіні арулап, ақ жууға қатысу.* **Сүйек кемігі.** а н а т. <medulla ossium rubra, лат. medulla – ми, os – сүйек, rubra – қызыл> *Жілік бастары, омыртқа денелері және жалпақ сүйектер кемігі сүйек тақташаларының аралықтарындағы ұяшықтары қуысында орналасқан қантүзу мүшесі.* **Сүйекке сіңген аурудай.** *Әбден орнығып алған, әдетке айналған.* **Сүйекке сіңген мінез.** *Бала күннен қалыптасқан, енді өзгермейтін әдет-дағды.* **Сүйекке таласқан иттей.** *Бір-біріне сөз бермей, тілдесіп, ұрысып-керісіп.* **Сүйекке таласқан итше.** *Түк көрмегендей жапа-тармағай бас салып, таласып-тартысып.* **Сүйекке таңба [дақ] салды.** *Жаман атқа ұшыратты, ұятқа қалдырды.* **Сүйекке таңба түсті.** *Жаман атқа ұшырады.* **Сүйекке тиді.** *Жанына қатты батты, жанды ауыртты.* **Сүйекке түсу [кіру].** э т н. *Өлікті жуып дайындау, арулау.* **Сүйек қас.** ж е р г. *Тұқымымен, жеті атасынан бері қас, өштес.* **Сүйек қосу.** э т н. *Әулеттес, аталас, қандас, сүйектес адамдардың мәйітін бір жерде сақтау үшін арнайы соғылған сағана тамға жерлеу.* **Сүйек қоя.** с а я т. *Сүйекті отқа күйдіріп, оны үгітіп, ұсақтап, таза ақ шүберекке жұмырлап, бірнеше қабаттап орап тігілген, бүркітке салатын қоянның түрі.* **Сүйек [сар сүйек] құда.** *Ескіден, ежелден келе жатқан құда.* **Сүйек майы.** а н а т. <medulla ossium, лат. medulla – ми, май, os – сүйек> *Негізін қан жасаушы торлы (ретикулалық) ұлпа түзетін жілік қуыстарын толтырып тұрған майлы ұлпа.* **Сүйек сақтар тек болмас.** *Ұрпақтан-ұрпаққа ауысарлық кек.* **Сүйек тамыр.** *Ежелден жақын берік дос.* **Сүйек тастады.** *Дүние беріп алдандырды.* **Сүйек тасу.** *Адамның сүйегі, буын-буыны сырқырап ауру.* **Сүйектөсек.** қ о л ө н е р. *Жақтауларына сүйектен өрнек салып, әшекейлеген ағаш төсек.* **Сүйек туберкулезі.** м е д. *Микробактериялар әсерінен пайда болып, омыртқаны, жамбас, аяқ жіліктерін, кейде қол сүйектерін зақымдайтын жұқпалы сүйек ауруы.* **Сүйекті жарған.** *Ар-ұятын қорлаған.* **Сүйек тістеген ит.** *Күйеуді келеке қылу, мысқыл етуден туған әзіл сөз.* **Сүйек тістескен.** *Алыс-берісі бар, баталасқан.*

**СҮЙЕКҚАП** з а т. а н а т. <periosteum, грек. peri – маңы, қасында, os, ossis – сүйек> *Қаңқа сүйектерінің сыртқы дәнекер ұлпалы қабығы.*

**СҮЙЕКҚОЯ** з а т. с а я т. *Сүйекті отқа күйдіріп, оны үгітіп, ұсақтап, таза ақ шүберекке жұмырлап, бірнеше қабаттап орап тігілген, бүркітке салатын қоянның түрі.*

**СҮЙЕКҚҰДА** з а т. э т н. *Ескіден, ежелден келе жатқан құда.*

**СҮЙЕКҚҰНЫ** з а т. э т н. т а р. *Кісі өлтіргені үшін төленетін құн; өлген адамды жерлеуден бастап жылын беру аралығындағы рәсімдерге жұмсалатын шығын мөлшері.*

**СҮЙЕКМАЙЫ** з а т. а н а т. <medulla ossium, лат. medulla – ми, май, os – сүйек> *Негізін қан жасаушы торлы (ретикулалық) ұлпа түзетін жілік қуыстарын толтырып тұрған майлы ұлпа.*

**СҮЙЕК-САЯҚ** з а т. *Қалған-құтқан ет, сүйек-мүйек.*

**СҮЙЕК-СИПАТ** з а т. *Дене бітімі, кейпі, кескіні.*

**СҮЙЕКСІЗ** с ы н. *Сүйегі жоқ.*

**СҮЙЕКТАМЫР** з а т. э т н. *Ежелден жақын берік дос.*

**СҮЙЕКТЕ=** е т. *Сүйекпен әшекейлеу, безендіру.*

**СҮЙЕКТЕЛ=** е т. *Сүйекпен әшекейлену, безендірілу.*

**СҮЙЕКТЕЛУ** *Сүйектел етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕКТЕН=** е т. *Сүйек пайда болу, қатаю.*

**СҮЙЕКТЕНУ** *Сүйектен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕКТЕС**[1] з а т. ж е р г. *Шөбереден туған бала, шөпшек.*

**СҮЙЕКТЕС**[2] з а т. ж е р г. *Немереден арғы туыстар.*

**СҮЙЕКТЕС**[3] с ы н. *Қыз алып, қыз беріскен, сүйегі жақын.*

**СҮЙЕКТЕСТІК** з а т. *Құдандалылық, жақындық.*

**СҮЙЕКТЕУ** *Сүйекте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕКТІ** с ы н. **1.** *Сүйектен тұратын, сүйегі бар.* **2.** *Сүйегі ірі, еңгезердей.* **3.** *Дәні қатты қабықпен қапталған.* **4.** *Сүйекпен әсемделген.*

**Сүйекті аққурай.** ө с. *Жапырақтары дөңгелек, шеттері тісті, гүлдері ақшыл көк түсті, биіктігі 150 см-ге жуық, өн бойын ақ түк басқан, жуан тамыры жерге 4 м-ге дейін тереңдейтін өсімдік.* **Сүйекті жемістер.** б о т. *Жемісі бір ұялы сүйекті, сырты шырынды жұмсақ етті, тұқымы сүйекті жемісінің ішінде орналасқан, шие, алхоры, өрік, шабдалы, алша және т.б. сияқты раушангүлділер тұқымдасына жататын жемісті өсімдіктер.*

**СҮЙЕКТІЛЕУ** с ы н. **1.** *Сүйегі ірілеу, кесек.* **2.** а у ы с. *Кесектеу.*

**СҮЙЕКТІЛІК** з а т. *Ірілік, үлкендік, зор тұлғалылық.*

**СҮЙЕК-ШАТЫС** с ы н. *Құдалық қарым-қатынасы бар, қыз алып, қыз берген, құдандалы.*

**Сүйек-шатыс жақындығы бар.** *Қыз алып, қыз берген құдандалы, жекжат.*

**СҮЙЕКШІ** з а т. *Өлікті жерлеуші, қоюшы адам.*

**СҮЙЕКШІЛІК** з а т. *Сүйек жону өнері.*

**СҮЙЕЛ** з а т. **1.** *Теріге шығатын домалақ келген кішкене қатты бөртпе.* **2.** *Аяқ-қолдың қажалып, ойылуынан болатын өлі еттенген тері.*

**СҮЙЕЛ=** е т. *Тіреп қойылу.*

**СҮЙЕЛДЕЙ** с ы н. *Сүйел тәрізді, сүйел сияқты.*

**СҮЙЕЛДЕН=** е т. *Терінің қатайып қалыңдауы, сүйел болуы.*

**СҮЙЕЛДЕНУ** *Сүйелден етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕЛДІ** с ы н. *Сүйелі бар, сүйел түскен.*

**Сүйелді дене.** а н а т. <corpus callosum лат. corpus – дене, callosum – сүйел> *Мидың екі жартышарының арасындағы ұзынша сай табанында орналасқан үлкен ми сыңарларын байланыстырып тұрған милық ақ зат.* **Сүйелді қал.** *Тері бетінде қоңыр-қара түсті өсінді түрінде болатын қал.*

**СҮЙЕЛДІЛЕР** з а т. б а л ы қ ш а р. *Тропик, субтропик теңіздері жағалауында кездесетін скорпена тәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**СҮЙЕЛЖАЗАР** з а т. ө с. <лат. heliotropium> *Сыртын түк жапқан сабағы бұтақтанып, жай жапырақтарының жиегі тегіс, өркен бойына кезектесіп орналасып, биіктігі 10–50 см-дей болып өсетін, айлаудық тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдіктер не жартылай бұталар.*

**СҮЙЕЛМЕ: сүйелме дақыл.** е г і н ш а р. *Жер бетіндегі бөлігі сүйеніп жабысып өсетін екпе өсімдік.*

**СҮЙЕЛУ** *Сүйел етістігінің қимыл атуы.*

**СҮЙЕЛШӨП** з а т. ө с. <лат. chelidonium> *Тамыры көп тармақты, түсі сырт қарағанда қоңыр қызыл, іші сары, тамырынан буынданған, дөңгелек пішінді жапырағының астыңғы беті көгілдір, үстіңгі жағы ашық жасыл түсті, гүлдері қосжынысты болып келетін, биіктігі 80 см-дей көкнәр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СҮЙЕМ** з а т. э т н. *Бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін* х а л ы қ т ы қ *өлшем (бір сүйем 4 елі – бармақ пен саусақты керіп, оған төрт саусақты қырынан қатар қойып өлшеу).*

**СҮЙЕМДЕ=** е т. *Сүйеммен өлшеу.*

**СҮЙЕМДЕУ** *Сүйемде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕМЕЛ** з а т. **1.** *Тірек, сүйеніш.* **2.** а у ы с. *Көмек көрсетуші, қолдаушы, жәрдемші.*

**СҮЙЕМЕЛДЕ=** е т. **1.** *Қолтықтау, сүйеу, демеу.* **2.** а у ы с. *Көмек беру, жәрдем ету, қолдау.* **3.** а у ы с. *Ән орындаушыға музыкалық аспапта ойнап, қосылу.*

**СҮЙЕМЕЛДЕН=** е т. *Сүйемел жасалу, қосталу.*

**СҮЙЕМЕЛДЕНУ** *Сүйемелден етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕМЕЛДЕТ=** е т. *Қолтықтату, сүйеп деметү.*

**СҮЙЕМЕЛДЕТУ** *Сүйемелдет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕМЕЛДЕУ** *Сүйемелде етістігінің қимыл атауы; демеу, қолтықтау.*

**СҮЙЕМЕЛДЕУШІ** з а т. *Сүйемел жасаушы, қолдаушы.*

**Сүйемелдеуші артиллерия.** ә с к. *Ұрыс кезінде негізгі тапсырмаларды атқаратын жалпы әскери бөлімшелердің, бөлімдер мен құрамалардың мүддесінде ұрыстық міндеттерді атқару үшін аға бастық тағайындайтын артиллериялық бөлімшелер, бөлімдер, құрамалар.*

**СҮЙЕМЕЛЕ=** е т. **1.** *Қолтықтап алу, демеу.* **2.** а у ы с. *Көмектесу, жәрдем ету, қолдау.*

**СҮЙЕМЕЛЕУ** *Сүйемеле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕМҚОҢЫЗ** з а т. з о о л. *Қоңыздың бір түрі.*

**СҮЙЕН** з а т. ж е р г. *Мәтке үстіне салатын жіңішке ағаш.*

**СҮЙЕН=** е т. **1.** *Бір нәрсеге қисайып, сүйкену, таянып тұру.* **2.** а у ы с. *Тірек ету, арқа сүйеу.* **3.** а у ы с. *Негіз ету, сілтеу жасау, ұстану.*

**СҮЙЕНДІР=** е т. *Қисайып сүйкендіру, таяндыру.*

**СҮЙЕНДІРУ** *Сүйендір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕНТ=** е т. *Таяныш қылдыру, тірек еттіру.*

**СҮЙЕНТУ** *Сүйент етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕНУ** *Сүйен етістігінің қимыл атауы; негіз ету, сілтеу жасау, ұстану.*

**СҮЙЕНІЛ=** е т. *Негіз етілу, сілтеу жасалу.*

**СҮЙЕНІЛУ** *Сүйеніл етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕНІС=** е т. **1.** *Сүйкенісу, таянысу.* **2.** а у ы с. *Бір-бірін тірек етісу, арқа сүйесу.*

**СҮЙЕНІСУ** *Сүйеніс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕНІШ** з а т. **1.** *Сүйенетін зат, тіреуіш.* **2.** а у ы с. *Қолдаушы, сенімді адам.* **3.** *Қолдау, демеу, тірек, таяныш.*

**СҮЙЕС=** е т. *Бір-біріне сүйеу.*

**СҮЙЕСТІР=** е т. *Бір-біріне сүйеттіру.*

**СҮЙЕСТІРУ** *Сүйестір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕТ=** е т. *Бір нәрсеге тіретіп сүйеу.*

**СҮЙЕТУ** *Сүйет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙЕУ**[1] з а т. **1.** *Сүйеніш, қолдаушы болған адам.* **2.** *Тірек, таяныш.*

**СҮЙЕУ**[2] *Сүйе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тіреп қою.* **2.** а у ы с. *Біреуді демеу, қолдау көрсету.*

**СҮЙЕУСӨЗ** з а т. с ө й л. *Белгілі бір мәтіннен алынған қысқаша үзінді, сілтеме.*

**СҮЙЕУСІЗ** с ы н. *Тірексіз, қорғанышсыз.*

**СҮЙЕУІШ** з а т. *Тірек, тіреуіш.*

**СҮЙКЕ=** е т. **1.** *Жаға-маға сырту.* **2.** *Өте жақындап жанамалау, жанасу.* **3.** *Айдақ-сайдақтатып тез жазу.*

**СҮЙКЕКТЕ=** е т. с ө й л. *Тез-тез жазу.*

**СҮЙКЕКТЕТ=** е т. *Айдақ-сайдақтатып тез жазу, сыдырту.*

**СҮЙКЕКТЕТУ** *Сүйкектет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕКТЕУ** *Сүйкекте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕЛ=** е т. *Айдақ-сайдақтатып тез жазылу, сыдыртылу.*

**СҮЙКЕЛУ** *Сүйкел етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕН=** е т. **1.** *Жақындап, жанамалап жанасу, сүйену.* **2.** а у ы с. *Соқтығу, тиісу.*

**СҮЙКЕНУ** *Сүйкен етістігінің қимыл атауы; соқтығу, тиісу.*

**СҮЙКЕНІҢКІРЕ=** е т. *Жанасыңқырау, жақындап сүйеніңкіреу.*

**СҮЙКЕНІС=** е т. *Жанасу, жақындап сүйенісу.*

**СҮЙКЕНІСУ** *Сүйкеніс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕС=** ет. *Жанасу, тиісу.*

**СҮЙКЕСТІР=** ет. *Жанастыру, тиістіру.*

**СҮЙКЕСТІРУ** *Сүйкестір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕСУ** *Сүйкес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕТ=** ет. *Айдақ-сайдақ етіп жазу.*

**СҮЙКЕТУ** *Сүйкет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКЕУ** *Сүйке етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКІМ**[1] зат. *Жағымды қылық, сүйкімділік.*

**СҮЙКІМ**[2]: **сүйкім сиыржоңышқа.** өс. *Бұршақ тұқымдасына жататын бір не көпжылдық өсімдіктің бір түрі.* **Сүйкімі кетті.** *Жағымсыз көрінді, ұнамады.*

**СҮЙКІМДЕН=** ет. *Сүйкімді болу, жақсы көріну.*

**СҮЙКІМДЕНУ** *Сүйкімден етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКІМДІ** сын. **1.** *Тартымды, жарасымды, сымбатты.* **2.** *Құлаққа жағымды, сазды.* **3.** ауыс. *Көңілден шығатын, қонымды.* **4.** ауыс. *Жанға жайлы, ұнамды, ыңғайлы.*

**СҮЙКІМДІЛІК** зат. *Тартымдылық, сымбаттылық, жарасымдылық, ұнамдылық.*

**СҮЙКІМДІРЕК** сын. *Көңілге қонымдырақ, тартымдырақ.*

**СҮЙКІМСІЗ** сын. **1.** *Сүйкімі жоқ, көрікті емес.* **2.** *Көңілге жақпайтын, қонымсыз, ұнамсыз; дөрекі.* **3.** *Жағымсыз, жайсыз.*

**СҮЙКІМСІЗДЕН=** ет. *Сүйкімі кету, ұнамсыз көріну.*

**СҮЙКІМСІЗДЕНУ** *Сүйкімсізден етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙКІМСІЗДІК** зат. **1.** *Сүйкімі жоқтық, жарасымсыздық.* **2.** *Ұнамсыздық, қонымсыздық.*

**СҮЙКІМШІЛІК** зат. *Сүйіспеншілік, құштарлық.*

**СҮЙМЕН** зат. **1.** *Қатқан жерді, мұзды оятын ауыр және ұшты сом темір.* **2.** кәс. *Балық аулауда қолданатын темір ұшты таяқ.* **3.** жерг. *Құлатқан ағашты бұтағын аршып, 3–4 метрді кескен соң орнынан қозғау, ырғау үшін жасалған әлді таяқ.*

**СҮЙМЕНДЕ=** ет. *Жерді сүйменмен ою, шұңқырлап қазу.*

**СҮЙМЕНДЕУ** *Сүйменде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙМЕНТАМЫР** зат. өс. <лат. levisticum> *Сабағы жұмыр, жапырақтары қауырсын тәрізді шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**СҮЙМЕНТҰМСЫҚ** зат. зоол. <лат. mortyrus> *Денесі ұзындығы 1–1,5 м-ге дейін жететін, құйрық бөлімінің астында денесінің айналасына электр кернеуін туғызатын, электрлі мүшесі бар сүймен тұмсықтар отрядына жататын сүйекті балық.*

**СҮЙМЕНШІ** зат. *Сүйменмен жұмыс істеуші, сүймендеуші.*

**СҮЙРЕ=** ет. **1.** *Затты, нәрсені бір орыннан екінші орынға жерге тигізе тарту, дарылдату.* **2.** *Алды-артына қаратпай тартқылау, ерікке қоймау.* **3.** ауыс. *Біреуге көмектесу, демеу, қолдау.* **4.** ауыс. *Өз дегеніне көндіру, билеу, жетектеу.* **5.** ауыс. *Азапқа түсіру, әурелеу.* **6.** ауыс. *Сөзбұйдаға салу, әне-міне деп кешеуілдету.*

**СҮЙРЕЛ=** ет. **1.** *Сүйреп тартылу; сүйрелендеу.* **2.** ауыс. *Шұбатылу, ілініп-салыну.*

**СҮЙРЕЛЕ=** ет. **1.** *Біраз жерге дейін сүйреу.* **2.** *Үсті-үстіне ерікке қоймай, алды-артына қаратпай тартқылау, жетектеу.* **3.** ауыс. *Көмектесу, демеу, қолдау.*

**СҮЙРЕЛМЕ** зат. геол. *Геоморфологияда: жербедердің кез келген көтеріңкі пішіндерінің етегінде жиналатын борпылдақ таужыныстар шөгыры.*

**СҮЙРЕЛЕҢДЕ=** ет. *Ирең қағу, ирелеңдеу.*

**СҮЙРЕЛЕҢДЕУ** *Сүйрелеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕЛЕУ** *Сүйреле етістігінің қимыл атауы; тартқылау, жетектеу.*

**СҮЙРЕЛУ** *Сүйрел етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕМЕ** сын. *Сүйрейтін, сүйреп тартатын.*

**СҮЙРЕМЕЛІ** сын. *Сүйрелетін, доңғалағы жоқ.*

**Сүйремелі зеңбірек.** әск. *Доңғалақсыз, сүреп жылжытатын зеңбірек түрі.*

**СҮЙРЕҢ**: **сүйрең қақты**. *Сумаңдады, жылмаң қақты.*

**СҮЙРЕҢДЕ=** ет. **1.** *Сүйрелеңдеу, ирелеңдеу.* **2.** *Бір нәрсенің сүйрең қағуы; сумаңдау.* **3.** ауыс. *Аузы-аузына жұқпау, өсек айту.*

**СҮЙРЕҢДЕС=** ет. *Аузы-аузына жұқпай өсек айтысу.*

**СҮЙРЕҢДЕСУ** *Сүйреңдес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕҢДЕТ=** ет. *Сүйрең қақтыру, сумаңдату.*

**СҮЙРЕҢДЕТУ** *Сүйреңдет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕҢДЕУ** *Сүйреңде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕҢ-СҮЙРЕҢ: сүйрең-сүйрең етті.** *Сумаң-сумаң етті, жылмың қақты.*

**СҮЙРЕС=** ет. *Бірге сүйреу, тартысу.*

**СҮЙРЕСУ** *Сүйрес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕТ=** ет. **1.** *Бір нәрсені, затты орнынан тартып жылжыту.* **2.** *Сүйреңдету, шұбату.*

**СҮЙРЕТКІ**[1] зат. **1.** *Бір ұшы көлікке жегіліп, екінші ұшы жерге сүйретіліп жүретін, екі арасы шарбақтар арқылы жалғасқан ұзын екі ағаш.* **2.** егіншар. *Егістік жердің бетін тегістеуге арналған құрал.*

**СҮЙРЕТКІ**[2] зат. жерг. кәс. *Кеме тоқтататын салмақты тілді темір.*

**СҮЙРЕТКІЛІК** зат. *Сүйреткі боларлық.*

**СҮЙРЕТПЕ**[1] зат. **1.** *Арба, шана бара алмайтын ойлы-қырлы жерлерде, көлікке жегіп, шөп т. б. зат таситын құрал.* **2.** тех. *Мәшине, трактордың соңына тіркелген тіркеме.*

**Сүйретпеге салды.** *Әне-міне деп созды, жылжытпады.*

**СҮЙРЕТПЕ**[2] зат. кәс. *Түскен аң тез қашып кетпеуі үшін қақпанға байланған ауыр зат.*

**СҮЙРЕТПЕ**[3] зат. этн. *Ірі малдың бас терісінен немесе мойын терісінен жұмырлау, әрі тікелеу етіп жасалатын қымыз құюға арналған көн ыдыс; үлкен торсық.*

**СҮЙРЕТПЕЛЕП** үст. *Сүйретпеге құйып, толтырып.*

**СҮЙРЕТПЕЛІК** сын. *Сүйретпеге жарарлық.*

**СҮЙРЕТТІР=** ет. *Сүйреп тарттыру.*

**СҮЙРЕТТІРУ** *Сүйреттір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕТУ** *Сүйрет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕТІЛ=** ет. **1.** *Жерге тиіп, сүйреп тартылу.* **2.** *Ілініп-салыну, әрең қозғалу.* **3.** *Ұзынынан созылып жату.*

**СҮЙРЕТІЛУ** *Сүйретіл етістігінің қимыл атауы; жерге тиіп, сүйреп тартылу.*

**СҮЙРЕТІЛІҢКІРЕ=** ет. *Аздап, сәл-пәл сүйретілу.*

**СҮЙРЕТІЛІҢКІРЕУ** *Сүйретіліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕТІНДІ** сын. *Сүйрелген.*

**СҮЙРЕТІҢКІРЕ=** ет. *Аздап сүйрету, сүйрете түсу.*

**СҮЙРЕТІС=** ет. *Бірге сүйрету.*

**СҮЙРЕТІСУ** *Сүйретіс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕУ** *Сүйре етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРЕУШІ** зат. *Сүйреп алып келуші, жәрдемдесуші, қол ұшын беруші.*

**СҮЙРІК**[1] зат. **1.** *Сулы жерде өсетін өсімдіктердің қамыс, борық т.б. ұзын, жұмсақ, әрі тәтті ақ тамыры.* **2.** *Өсімдіктің жаңадан өніп шыққан көгі.*

**Сүйрік саусақ.** *Жіп-жіңішке, ұзын, салалы саусақ.*

**СҮЙРІК**[2] зат. зоол. <лат. asipenser ruthenus> *Дене пішіні сүйірленіп барып жуандайтын, терісінің сыртын өте майда қырлы түйіршіктер жапқан бекіре тәрізділер отрядына жататын тұщы су балығы.*

**Сүйрікқанат қанкөбелек.** зоол. <лат. phycitidae> *Қанкөбелек тұқымдас үсті тобына жататын қанаты сүйрік көбелектердің түрі.*

**СҮЙРІК** зат. *Тәтті дәмі бар қоғанның түбіндегі тамыры.*

**СҮЙРІКТЕЙ** сын. *Жіп-жіңішке, сұлу, әдемі.*

**Сүйріктей саусақ.** поэт. *Сұлу қыздың нәзік, ұзын жіңішке саусағы.*

**СҮЙРІКТЕН=** ет. *Тұқымның тамырлануы.*

**СҮЙРІКТЕНУ** *Сүйріктен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙРІКТІ** сын. *Сүйрігі бар, сүйрік өскен.*

**СҮЙСІН** зат. өс. <лат. orchidaceae> *Сүйсіндер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**СҮЙСІН=** ет. **1.** *Бір нәрсеге разы болу, ұнату, таңдану.* **2.** *Таңдану, сүйіну.* **3.** *Рақаттану, ләззаттану.*

**СҮЙСІНГІШ** сын. *Сүйсіне түсетін.*

**СҮЙСІНДІР=** ет. **1.** *Разы қылдыру, таңдандыру.* **2.** *Ләззаттандыру, рақаттандыру.*

**СҮЙСІНДІРГІШ** сын. *Сүйсіндіретін, таңдандырғыш.*

**СҮЙСІНДІРУ** *Сүйсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙСІНЕРЛІК** сын. *Қуанарлық, рақаттанарлық.*

**СҮЙСІНТ=** ет. **1**. *Таңғалту, таңырқату.* **2.** *Ләззат алғызып, рахатқа бөлету.*

**СҮЙСІНТУ** *Сүйсінт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙСІНУ** *Сүйсін етістігінің қимыл атауы; разы болу, ұнату, таңдану.*

**СҮЙСІНІС=** ет. *Разы болысу, ұнатысу, таңданысу.*

**СҮЙСІНІСУ** *Сүйсініс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙТ=** ет. сөйл. ***Сөйт.***

**СҮЙТІП** үст. *Солай деп; солай етіп.*

**СҮЙІКТІ** сын. *Қымбатты, аяулы, ардақты. // Өзіне ыстық, қымбат адам.* **2.** *Ерекше қастерлі, қадірлі (ел, жер).* **3.** *Елге құрметті, қалаулы, сыйлы.* **4.** *Бағалы, артық, қымбат.* **5.** *Биік, ғажап, асқақ.*

**СҮЙІКТІЛІК** зат. *Сүйікті болушылық, сүйкімділік.*

**СҮЙІКТІМ** зат. экспр. *Қымбатты, аяулы, жақын адамына айтылатын қаратпа атауыш.*

**СҮЙІН=** ет. **1.** *Біреудің іс-әрекетіне, қызметіне, еңбегіне іштей елжіреу, риза болу.* **2.** *Таңдану, сүйсіну.*

**СҮЙІНДІР** зат. өс. *Өзен-көл жағалауларында, батпақта, шалшықты жерлерде өсетін қырыққбуынның бір түрі.*

**СҮЙІНДІР=** ет. **1.** *Разы қылдыру.* **2.** *Таңдандыру.*

**СҮЙІНДІРУ** *Сүйіндір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІНТ=** ет. *Разы ету, елжірету.*

**СҮЙІНТУ** *Сүйінт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІНУ** *Сүйін етістігінің қимыл атауы; риза болу, елжіреу, сүйсіну.*

**СҮЙІНШІ** зат. этн. *Жаңалықты, қуанышты хабарлаушыға берілетін сыйлық, жоралғы. // Жаңалығы бар, қуанышты.*

**Сүйінші бер.** этн. *Қуанышты хабар айтып, сүйінші сұрай келген адамның айтатын сөзі.*

**СҮЙІНШІЛЕ=** ет. **1.** *Жақсылық хабарды, қуанышты жеткізу.* **2.** *Сүйінші деп, сүйінші сұрай келу.*

**СҮЙІНШІЛЕС=** ет. *Бірге сүйінші сұрау.*

**СҮЙІНШІЛЕСУ** *Сүйіншілес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІНШІЛЕУ** *Сүйіншіле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІНІС=** ет. *Таңданысу, сүйсінісу.*

**СҮЙІНІСУ** *Сүйініс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІНІШ** зат. *Бір нәрсе жайында марқайып қуанған нәзік сезім, ризалық.*

**Сүйініш білдірді.** *Ризалығын байқатты, ықылас жасады.*

**СҮЙІНШІТІ** сын. *Сүйсініп разы боларлық, сүйсінерлік.*

**СҮЙІНШІТІЛІК** зат. *Ұнамдылық, сүйкімділік.*

**СҮЙІП-ҚҰШ=** ет. **1.** *Аймалау, сүйіп-құшақтау.* **2.** *Елжіреу, мейірлену.* **3.** *Құштар болу.*

**СҮЙІП-ҚҰШУ** *Сүйіп-құш етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІР** сын. *Сүйірленіп келген, ұшкір.*

**Сүйір бұрыш.** геом. *Бұрыштары сүйір болып келген үш бұрыш.* **Сүйір кірпіш.** *Көне құрылыстарда арнайы алты қырлы етіп жасап, сықпалап қалағанда сырт көрінісі ылғи алты бұрышты торкөз болып келетін күйдірген кірпіш.*

**СҮЙІРҚОЛТЫҚ** зат. қолөнер. *Қолтық өрнегінің нұсқасы.*

**СҮЙІРЛЕ=** ет. *Сүйір ету; ұшкірлеу, ұштау.*

**СҮЙІРЛЕН=** ет. *Сүйір етілу; ұшкірлену, ұшталу.*

**СҮЙІРЛЕНДІР=** ет. *Сүйір еттіру; ұшкірлендіру, ұшын өткірлендіру.*

**СҮЙІРЛЕНДІРУ** *Сүйірлендір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІРЛЕНУ**[1] зат. геол. *Қабаттың немесе желінің созылым бағыты бойынша күрт жұқара (жіңішкере) барып мүлде жойылып кетуі.*

**СҮЙІРЛЕНУ**[2] *Сүйірлен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІРЛЕУ**[1] сын. *Ұшкірлеу келген, сәл сүйір.*

**СҮЙІРЛЕУ**[2] *Сүйірле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІРЛІК** зат. спорт. *Сұйықтың немесе газдың ағынын көп кедергісіз жарып өтуге қатты дененің бейімделуі.*

**СҮЙІРТҰМСЫҚ: сүйіртұмсық бақа.** зоол. *Бізтұмсық бақа.*

**СҮЙІС** зат. *Сүйгендік, сүюшілік.*

**СҮЙІС=** ет. **1.** *Ерін тигізісу, өбісу.* **2.** ауыс. *Бір-бірін жақсы көрісу, ұнатысу.*

**СҮЙІСПЕНДІК** зат. сөйл. ***Сүйіспеншілік***.

**СҮЙІСПЕНШІЛІК** зат. **1.** *Құштарлық сезім, ынтықтық көңіл күй, махаббат.* **2.** психол. *Адамдардың бір-бірін жақсы көріп, сыйласым мен қарым-қатынас жасау қасиеті.*

**СҮЙІСТІР=** ет. *Бетіне, ерніне ерін тигіздіру.*

**СҮЙІСТІРУ** *Сүйістір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЙІСУ** *Сүйіс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮКРЕ** зат. экон. *Эквадордың ақшасы, 1/100 сентаваға тең.*

**СҮЛБЕ** зат. сөйл. ***Сұлба***.

**СҮЛГІ** зат. *Беті-қол, ыдыс-аяқ сүртетін мата орамал.*

**СҮЛДЕ** зат. сөйл. ***Сүлдер***.

**Сүлдесі қалды. *Сүлдері қалды.***

**СҮЛДЕР** зат. *Адамның арып-ашқан, жадап-жүдеген, әлсіреген сыртқы кейпі.*

**Сүлдері құрыды.** *Мүлдем титығы құрып шаршады, әбден сілесі қатты; тұралады.*

**СҮЛДЕЛЕН=** ет. *Сүлдесі түсу, нобайлану.*

**СҮЛДЕЛЕНУ** *Сүлделен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЛЕ** үст. *Селқос, немқұрайды, көңілсіз; сүлесоқ.*

**Сүле ауру.** *Ұзаққа созылған, созылмалы ауру.* **Сүле болды.** *Сүле ауруына ұшырады.*

**СҮЛЕЙ** зат. көне. *Жыршы, жырау.*

**СҮЛЕЙМЕН: Сүлейменнің жүзігіндей.** діни. *Сүлеймен пайғамбардың жүзігінің істемейтін нәрсесі жоқ деген мағынада.*

**СҮЛЕЙСОҚ** сын. сөйл. ***Сүлесоқ***.

**СҮЛЕКТЕС** сын. жерг. *Ымы-жымы бір, ниеттес, кәсібі бір.*

**СҮЛЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Сілеле***.

**СҮЛЕЛЕН=** ет. сөйл. *Ұнжырғасы түсу, көңілсіздену, сілелену.*

**СҮЛЕЛЕНУ** *Сүлелен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЛЕЛЕТ=** ет. *Ұнжырғасын түсірту.*

**СҮЛЕЛЕТУ** *Сүлелет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЛЕЛЕУ**[1] үст. *Көңілсіз, немқұрайды, селқос.*

**СҮЛЕЛЕУ**[2] *Сүлеле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮЛЕСАПА** сын. ***Сүле-сопа*** *(еш нәрсеге көңілі жоқ, бейжай).*

**СҮЛЕСОҚ** сын. *Селқос, ықылассыз.*

**СҮЛЕСОҚТАУ** сын. *Селқостау, ықылассыздау.*

**СҮЛЕСОҚТЫҚ** зат. *Селқостық, самарқаулық, енжарлық.*

**СҮЛЕ-СОПА** сын. *Еш нәрсеге көңілі жоқ, бейжай.*

**СҮЛЕСІЗ** сын. *Селқос, көңілсіз.*

**СҮЛКІН: сүлкін түсті.** жерг. *Ұнжырғасы, еңсесі түсті.*

**СҮЛІК** [ар. سلوك] зат. **1.** зоол. <лат. hirudinea> *Түсі қара, денесі жұмыр, теңіздерде, тұщы суларда және топырақта тіршілік ететін қан сорғыш құрт.* **2.** ауыс. *Біреудің еңбегін қанаушы, арамтамақ.*

**Сүлік қара.** а) *Жылтыр қара.* ә) *Жіңішке, жұмыр, қара түсті жылқы.* **Сүлік салды.** *Ауырған жерге медициналық сүлік жіберіп, арам қанды сорғызды.* **Сүлік салып емдеу.** мед. *Адам денесіндегі арам қанды медициналық сүлік қойып емдеу.* **Сүлік сорғандай [бозарды].** *Өңі қуарды, қаны қашты.*

**СҮЛІКТЕЙ** сын. *Сүлік сияқты қара, жіңішке, жұмыр, жараған (ат сыны).*

**Сүліктей қадалды [жабысты].** а) *Жабысып алды, айырылмады.* ә)*Қыр соңынан қалмады.* **Сүліктей созылды**. *Көсіле бауырын жазды, шапты.* **Сүліктей сорды**. *Елді аяусыз қанады.*

**СҮЛІКТЕР** зат. зоол. *Буылтық құрттар типінің бір класы.*

**СҮЛІКШЕ** үст. *Сүлік сияқтанып, сүлікке ұқсап.*

**СҮЛІКШІЛ** сын. *Діншіл.*

**СҮЛІҢГІР** зат. жерг. кәс. *Тұқым шашылмаған, суармай айдалатын жер.*

**СҮМБЕ** зат. сөйл. **1.** ***Сүмбі***. **2.** ауыс. *Дене тұрқы, бойы. // Әдемі, сұлу.*

**СҮМБІ**[1] зат. *Мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі жайлайтын ұзын, жіңішке, жұмыр темір немесе тобылғы таяқша. // Бой-тұрқы түзу, тура.*

**СҮМБІ**[2] зат. өс. *Сәмбі тал.*

**СҮМБІДЕЙ** сын. *Сүмбі тәрізді жіп-жіңішке, түп-түзу.*

**Сүмбідей боп жарады**. *Бабына келді, бауырынан жарады.*

**СҮМБІЛ**[1] зат. өс. <лат. adianthum> *Қырыққұлақтәрізділер тұқымдасына жататын көпжылдық, хош иісті, пияз текті споралы шөптесін өсімдік. //* поэт. *Әдемі, сұлу, түзу.*

**Сүмбіл сасыр.** өс. <лат. ferula moschata> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдіктің эфирлі түрі.*

**СҮМБІЛ**[2]**: сүмбіл шаш [бұрым]**. *Ұзын, мойылдай қара шаш.*

**СҮМБІЛБҰРШАҚ** зат. өс. *Бұршақтың бір түрі.*

**СҮМБІЛЕ**[1] зат. **1.** *Шығыс күнтізбесі бойынша жылдың алтыншы айы.* **2.** астр. *Сүмбіле айында көрінетін жарық жұлдыз.*

**СҮМБІЛЕ**[2] зат. жерг. **1.** *Қауын арасына шығатын шөп.* **2.** *Күзде жауын күшімен шығатын шөп.*

**СҮМБІЛЕ=** ет. *Мылтықтың ұңғысын сүмбімен тазарту.*

**СҮМБІЛШАШ** зат. өс. *Лалагүлдер тұқымдасына жататын, көпжылдық пиязшықты өсімдік.*

**СҮМБІЛЕУ** *Сүмбіле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕ** зат. **1.** *Сауын малының желіні.* **2.** *Сүт өнімі.*

**СҮМЕК**[1] зат. вет. *Түйенің аяғына түсетін құрт ауру.*

**СҮМЕК**[2]**: қара сүмек болды.** *Қара суға түскендей терледі.*

**СҮМЕК**[3] зат. жерг. *Күл шығаратын құрал.*

**СҮМЕК**[4] зат. экспр. жақтырмау. *Сүмелек, сүйкімсіз, сұмырай, жігерсіз, жасық.*

**СҮМЕКТЕ=** ет. *Су, тер сорғалау, саулау.*

**СҮМЕКТЕТ=** ет. *Сүмеңдету.*

**СҮМЕКТЕТУ** *Сүмектет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕКТЕУ**[1] сын. жерг. *Бойшаң, ұзын.*

**СҮМЕКТЕУ**[2] *Сүмекте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕЛЕК**[1] зат. жерг. ***Сұңгі***.

**СҮМЕЛЕК**[2] зат. тамақ. жерг. **1.** *Бидайдың өнген дәнінің ашытқысы мен ұннан істелген быламық тәрізді тағам.* **2.** *Бидайды ұзақ уақыт қайнату арқылы даярлайтын тағам түрі.*

**СҮМЕЛЕК**[3] сын. жағымсыз. **1.** *Еңбекті сүймейтін жалқау; жек көрінішті (адам).* **2.** *Жексұрын, қанышер, аяусыз.*

**СҮМЕЛЕК** зат. өс. *Тегеурінгүлдің бір түрі: өзен аңғарларында, тау бөктерлерінде, бұталардың арасында, егістіктерде өсетін, биіктігі 1 м-ге дейін жететін, біржылдық улы өсімдік.*

**СҮМЕЛЕКТЕ**[1]**=** ет. жағымсыз. *Сүмелең қағу, тіміскілену.*

**СҮМЕЛЕКТЕ**[2]**=** ет. *Сұңгілену, сұңгі болу.*

**СҮМЕЛЕКТЕЙ** сын. *Сүмелек сияқты, сүмелек тәрізді.*

**СҮМЕЛЕКТЕН=** ет. *Сұңгілену.*

**СҮМЕЛЕКТЕУ**[1] сын. *Шаруаға қыры жоқ, жұқсыздау.*

**СҮМЕЛЕКТЕУ**[2] *Сүмелекте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕЛЕКТІК** зат. *Жарымаушылық, кедейшілік, біреудің арқасында күн көрушілік.*

**СҮМЕЛЕН=** ет. *Салбырау, іліну.*

**СҮМЕЛЕҢ: сүмелең қақты.** *Бір нәрсені іздеді, тіміскіленді.*

**СҮМЕЛЕҢДЕ=** ет. *Бір нәрсені іздеп, жан-жағына алақ-жұлақ қарау, тіміскілеу.*

**СҮМЕҢ**[1] сын. *Жылқы малының бурыл түрі.*

**СҮМЕҢ**[2]**: сүмең қақты**. *Күні бойы тентіреді, телмеңдеді.*

**СҮМЕҢДЕ=** ет. *Сүмең-сүмең ету, телмеңдеу, тентіреу.*

**СҮМЕҢДЕС=** ет. *Сандалысу, тентіреу, телмеңдесу.*

**СҮМЕҢДЕСУ** *Сүмеңдес етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕҢДЕТ=** ет. *Сүмең-сүмең еткізу, телмірту.*

**СҮМЕҢДЕТУ** *Сүмеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕҢДЕУ** *Сүмеңде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМЕҢ-СҮМЕҢ: сүмең-сүмең етті [желді, жортты]**. *Сүмең қақты, сүмеңдеді.*

**СҮМЕР** сын. *Ынжық, бос белбеу, жігерсіз.*

**СҮМЕ-СҮМЕ** сын. *Малмандай, малшынған, су-су.*

**Сүме-сүме болды.** *Әбден су болды, малшынды.*

**СҮМЕСІН** зат. тамақ. *Сүтке су не сүт қосылған тағамның түрі.*

**СҮМЕСІНДІ** сын. *Уызды, сүтті.*

**СҮМЕТІЛ=** ет. **1.** *Суға әбден малшыну, су-су болу.* **2.** *Сүйретілу, әрең жүру.*

**СҮМЕТІЛДІР=** ет. ***Сүйретілдіру***.

**СҮМИ=** ет. *Сүмірею, сыриып солбырау, сүмпию.*

**СҮМП: сүмп берді.** *Қойып кетті, зып берді, жоғалып кетті.*

**СҮМПЕК** сын. сөйл. *Сүмелек, бейшара.*

**СҮМПЕЛЕҢДЕ=** ет. *Сүмелеңдеу.*

**СҮМПЕҢ: сүмпең етті.** *Сүмп берді.*

**СҮМПЕҢДЕ=** ет. *Сүмелеңдеу.*

**СҮМПЕҢ-СҮМПЕҢ** үст. *Сүмелең-сүмелең, сүмірейіп.*

**СҮМПИ=** ет. *Сүмірею, бүрісу, ұнжырғасы түсу.*

**СҮМПИІП-СҮМПИІП** үст. *Сүмірейіп, сүмелең қағып.*

**СҮМПИТ=** ет. *Сүмірейту, сүмиту.*

**СҮМПИТУ** *Сүмпит етістігінің қимыл атауы.*

**СҮМПИЮ** *Сүмпи етістігінің қимыл атауы*

**СҮМПІС** сын. *Сымпиған, сүліктей.*

**СҮМПІЛДЕ=** ет. *Жылмаңдату, бұлтиту.*

**СҮМСЕ** з а т . ж е р г . *Қырман сыпыратын ұзын сыпырғыш.*

**СҮМСИ=** е т. *Сүмірею, сүмпию, дірдектеу.*

**СҮМСҮІР** з а т . қ о л ө н е р . **1.** *Қайыс, тері, сіріні тесуге арналған бұғы, ешкі мүйізінен жасалатын ұшы өткір тескіш құрал.* **2.** *Шие болып байланып қалған түйінді шешу үшін киіктің, еліктің, ешкінің мүйізінен жасалған түйін шешкіш.*

**СҮМСІК** с ы н . *Сүмелек, сүмірейген.*

**СҮМТИ=** е т. *Сүмірею, мыжыраю.*

**СҮМІЛТ=** е т. *Сүмірейту, сүмпиту.*

**СҮМІРЕЙ=** е т. *Күшті қашу, еңсесі түсу, сүмпию, солбыраю.*

**СҮМІРЕЙТ=** е т. **1.** *Бейшара ету, сүмелек етіп көрсету.* **2.** а у ы с . *Шиқылдау, жіңішке дауыс шығару.* **3.** а у ы с . *Төмендету, іске алғысыз ету.*

**СҮМІРЕЙТУ** *Сүмірейт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮНБІ** з а т . с ө й л . ***Сүмбі.***

**СҮНБІШЕ** ү с т . *Сүмбідей, сүмбіше.*

**СҮНДЕТ**[1] з а т . д і н и . *Мұсылман болудың белгісі ретінде 5–9 жастағы ер баланың жыныс мүшесіндегі тері бөлшегін кесу арқылы жасалатын діни ғұрып, дәстүр.*

**Сүндет ат.** э т н . *Сүндетке отырғызылатын балаға мінгізілген тай, ат.* **Сүндет бала.** э т н . *Сүндеттелген ұл, бала.* **Сүндетке отырғызды.** э т н . *Мұсылмандық белгісін салды, шекізді.*

**СҮНДЕТ**[2] з а т . **1.** д і н и . ***Сүннет.*** **2.** д і н и . *Сүннет намаз.* **3.** а у ы с . *Міндет, парыз.*

**СҮНДЕТСІЗ** с ы н . *Сүндеттелмеген, мұсылмандық жолына түспеген.*

**СҮНДЕТТЕ=** е т. э т н . *Ер баланың жыныс мүшесінің басын жауып тұратын теріні айналдыра кесіп алып тастау, сүндетке отырғызу.*

**СҮНДЕТТЕЛ=** е т. *Сүндетке отырғызылу.*

**СҮНДЕТТЕЛУ** *Сүндеттел етістігінің қимыл атауы.*

**СҮНДЕТТЕТ=** е т. *Сүндетке отырғызу.*

**СҮНДЕТТЕТТІР=** е т. *Сүндетке отырғыздырту.*

**СҮНДЕТТЕТТІРУ** *Сүндеттеттір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮНДЕТТЕТУ** *Сүндеттет етістігінің қимыл атауы .*

**СҮНДЕТТЕУ** *Сүндетте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮНДЕТТОЙ** з а т . э т н . *Сүндетке отырғызылған балаға арнап жасайтын жиын-той.*

**СҮННӘТ** з а т . д і н и . ***Сүннет.***

**СҮННӘТ** з а т . д і н и . *Мұсылмандық міндеті.*

**СҮННЕ** з а т . д і н и . *Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы хадистер, аңыздар жинағы.*

**СҮННЕТ** з а т . д і н и . *Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеті, жүріс-тұрысы, болмысындағы кейінгі мұсылмандарға парыздан кейін міндет болған сипаты.*

**СҮННЕТТЕЙ** с ы н . *Сүннет сияқты, сүннет тәрізді.*

**СҮННИ** з а т . д і н и . *Сүннит жолын ұстанушы.*

**СҮННИТ** з а т . д і н и . *Ислам дініндегі Құранмен бірге Сүннаны негіз етіп алушы, негізгі бағытты ұстанушылар.*

**СҮННИТТІК** с ы н . *Сунитке тән.*

**Сүнниттік ислам.** д і н и . *Құранмен бірге Мұхаммед пайғамбардың сүннет жолын да мойындайтын ислам дінінің шейіттік бағытпен бірге екі негізгі бағыттарының бірі.*

**СҮҢГЕК** з а т . с ө й л . ***Сүңгі.***

**СҮҢГУ** *Сүңгі етістігінің қимыл атауы.*

**СҮҢГУЛІ** с ы н . *Сүңгіген, батқан.*

**СҮҢГУШІ** з а т . *Су астына тереңдеп жүзуге, сүңгуге жаттыққан маман, сүңгуір.*

**СҮҢГУІР**[1] з а т . з о о л . <лат. aythya > ***Сүңгуір үйрек.***

**СҮҢГУІР**[2] з а т . **1.** *Су түбіне ұзақ уақыт бойлай алатын, жақсы сүңгитін адам.* **2.** *Су түбінде жұмыс істейтін маман.*

**Сүңгуір қайық.** ә с к . *Теңіздер мен мұхиттардың түбін зерттеу үшін және әскери мақсаттар үшін арнайы жабдықталған, маңызды тактикалық қасиеті жасырыну болып табылатын ұрыс кемесі.* **Сүңгуір қайықтай.** *Сүңгуір қайық сияқты.* **Сүңгуір үйрек.** з о о л . *Суы терең, қопалы өзен-көлдерде тіршілік ететін, сүйір тұмсықты, төбесінде айдары бар үйрек тұқымдасына жататын құс.*

**СҮҢГУІР**[3] з а т . ж е р г . *Шөп суыратын құрал, шотаяқ.*

**СҮҢГУІРДЕЙ** с ы н . *Сүңгуір тәрізді, сүңгуір сияқты.*

**СҮҢГУІРЛІК** з а т . *Жақсы сүңги алатын қасиет, сүңгігіштік.*

**СҮҢГУІРІН** з а т . з о о л . *Бауыры ақ, тұмсығы ұзын, құйрығы қысқа, көлде, теңізде жүретін үйрек.*

**СҮҢГІ**[1] з а т . **1.** к ө н е . *Бірнеше қырлы, екі жағы да ұшты, темірден, болаттан жасалған ағаш сапты найза түрі.* **2.** *Мылтықтың ұш жағына орнатылған қосымша қару; ұшкір әрі ұзын пышақ.* **3.** к ә с . *Балық аулайтын құрал.*

**СҮҢГІ**[2] з а т . *Түтіннен, ыстан, шаң-тозаңнан пайда болатын сауыс.*

**СҮҢГІ**[3] з а т . **1.** *Шатырдан, қораның төбесінен т.б. сүйірленіп мұз болып қатқан тамшы.* **2.** *Мұрт, сақалдың терлеп, сосын тоңазуынан қатқан аяз.*

**СҮҢГІ**[4] з а т . м е д . *Адамның ішкі құрылысын зерттеуге арналған түтік тәріздес жабдық, зонд.*

**СҮҢГІ=** е т. **1.** *Тереңге бойлап, су ішінде көрінбей жүзу.* **2.** а у ы с . *Бір нәрсенің арасына, ішіне кіру, ену, көрінбей кету.* **3.** а у ы с . *Шому, тереңнен ойлау, қиялға берілу.* **4.** а у ы с . *Қойып кету, кіріп кету.*

**СҮҢГІРЖАПЫРАҚ** з а т . ө с . *Батпақты жерлерде өсетін, жапырақтары жіңішке әрі ұшлір өсімдік.*

**СҮҢГІГІШ** с ы н . *Жақсы сүңги алатын, сүңгуір.*

**СҮҢГІГІШТІК** з а т . *Сүңги білетіндік, сүңги алатындық.*

**СҮҢГІДЕЙ**[1] с ы н . *Сүңгі (1) сияқты, сүңгі тәрізді.*

**СҮҢГІДЕЙ**[2] с ы н . *Сүңгі*[3] *тәрізді, сүңгі сияқты.*

**СҮҢГІЛЕ**[1]**=** е т. **1.** *Бір затты сұққылау, шанышқылау.* **2.** а у ы с . *Сөзбен түйреу, қағыту, ұрсу.*

**СҮҢГІЛЕ**[2]**=** е т. *Сүңгі қату.*

**СҮҢГІЛЕН=** е т. *Сүңгі пайда болу, сүметілу.*

**СҮҢГІЛЕС=** е т. *Суға шылқу, малмандай су болу.*

**СҮҢГІЛІ** с ы н . *Сүңгісі бар, сүңгі орналастырған.*

**СҮҢГІМПАЗ** с ы н . *Сүңги алатын, сүңгуге құмар, сүңгігіш.*

**СҮҢГІТ=** е т. **1.** *Судың астына бойлату.* **2.** а у ы с . *Жасыру, көрсетпеу.* **3.** а у ы с . *Араластыру, тығу, жоқ қылып жіберу.*

**СҮҢГІТУ** *Сүңгіт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮҢГІТІЗБЕҚАЛЫП** з а т . қ о л ө н е р . *Қатарланған сүңгі бейнесін түсіретін қалып.*

**СҮҢГІТІЛ=** е т. **1.** *Шомылдырылу, суға бойлатылу.* **2.** а у ы с . *Абақтыға жабылу, қамалу.*

**СҮҢГІТІЛУ** *Сүңгітіл етістігінің қимыл атауы.*

**СҮҢГІШІ** з а т . *Сүңгі лақтыратын адам.*

**СҮҢЕЙ** з а т . *Бейшара, сүмек.*

**СҮҢИ=** е т. *Сүмірею, сүмпию.*

**СҮҢКИ=** е т. *Бейшаралану, сүмірею.*

**СҮП: сүп берді.** *Зым-зия болды, кіріп кетіп, жоқ болды.*

**СҮП-СҮЙКІМДІ** с ы н . *Үріп-ауызға салғандай, әп-әдемі.*

**СҮП-СҮЙРІК** с ы н . *Жіп-жіңішке, ұзын.*

**СҮП-СҮЙІР** с ы н . *Жіп-жіңішке, ұшкір.*

**СҮПІЛЕ=** е т. *Алдап-сулау, тақырға отырғызып кету.*

**СҮР**[1] з а т . э т н . **1.** *Ұзақ уақыт сақтау үшін, тұздалып желге кептірілген, не ыс салып сүрленген ет және осы еттен асылған маңызды, кәделі тағам.* **2.** *Көп уақыттан бері өзгеріссіз жатқан қар, шөп т.б. // Ежелгі, қартаң, әбден таптаурын болған.*

**Сүр бойдақ.** *Көп уақытқа дейін үйленбеген жігіт.* **Сүр бойдақтық.** *Ұзақ уақыт, үйленбей жүрушілік.* **Сүр ет.** э т н . т а м а қ . а) *Тұздап, кептірілген ет.* ә) *Сүр болған еттен асылған тамақ.* **Сүр кебік.** с ө й л . *Кеуіп қалған жер, шалғын.* **Сүр кедей.** к ө н е . *Қашаннан дәнеңе бітпеген, жарлы.* **Сүр қазы.** *Әбден сақталған, сүр болған қазы.* **Сүр қуырдақ.** т а м а қ . *Сүрленген еттен қуырылған ащылау қуырдақ.* **Сүр сақтады.** э т н . *Қыс бойы сүрленген соғымның сүрып етін көктемге, жайлауға дейін қадірлі қонақтығына сақтады.*

**СҮР**[2] з а т . *Қаракөл елтірісінің бір түрі.*

**СҮР**[1]**=** е т. **1.** *Өткір затпен (сүргімен) екінші нәрсенің бетін жұқалап алу.* **2.** *Дененің бір жерін аздап жырып кету, жаралау.*

**СҮР**[2]**=** ет. *Өту, басынан өткеру деген мағынадағы, негізгі етістікке тіркесетін көмекші етістік.*

**СҮРГЕК**[1] с ы н . *Тайғақ, тайғанақ.*

**СҮРГЕК**[2] с ы н . *Мал жайылып, тозып, шиырланған (жер).*

**СҮРГЕКТЕ=** е т. **1.** *Тайғанақтау, сырғанақтау.*

**СҮРГЕКТЕТ=** е т. **1.** *Сырғанақтату, тайғанақтату.* **2.** а у ы с . *Сырғыту, сүйкеу (жазу туралы).*

**СҮРГЕЛЕҢ** з а т . с ө й л . *Сергелдең, дүрбелең.*

**СҮРГІ**[1] з а т . **1.** *Ағашты өңдеу, тегістеу үшін қолданатын аспап.* **2.** *Илеген терінің етін қырып, құрыс-тырысын жазу үшін ағаштан, темірден жасалған қырғы құрал.*

**СҮРГІ**[2] з а т . ж е р г . *Сүрлеу, жалғызаяқ жол.*

**СҮРГІЗ: дәурен сүргізді.** *Бақытты өмір кешуіне жағдай жасады, ештемеден қақпады.*

**СҮРГІЗУ: өмір сүргізу.** *Тіршілік еттіру, ғұмыр кешкізу.*

**СҮРГІЛЕ=** е т. **1.** *Сүргімен тегістеу, өңдеу.* **2.** а у ы с . *Сырғақтату, зырылдату.* **3.** *Тегістеу, сыру.* **4.** *Сүрткіштеп ысу.// Қиғаштата, жанай.* **6.** а у ы с . *Жөнге салу, тәртіпке келтіру.*

**СҮРГІЛЕН=** е т. *Сүргімен тегістелу.*

**СҮРГІЛЕТ=** е т. *Сүргімен тегістету.*

**СҮРГІЛЕТУ** *Сүргілет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРГІЛЕУ** *Сүргіле етістігінің қимыл атауы; сүргімен тегістеу.*

**Сүргілеу станогы.** *Ағаш бетінің кедір-бұдырын тегістеу, жалтырату үшін қолданылатын айналмалы жүзі бар станок.*

**СҮРГІЛЕУШІ** з а т . *Сүргілеп, өңдеуші адам.*

**СҮРГІН** з а т . **1.** *Неше түрлі азабы көп әуре-сарсаң, қыспақ, қым-қуыт сергелдең; қуғын.* **2.** *Қарбалас шақ.* **3.** ж а ң а . *Табиғат апаты, өзгеріс (катаклизм).*

**Сүргінге түсті.** *Қуғын көрді, ұйқы-тұйқысы шықты.* **Сүргін етті.** ж е р г . *Соттады, жапты.* **Сүргін көрді.** *Қуғындалды, қашып-пысты.* **Сүргін салды.** *Тас-талқанын шығарды, ойран салды.*

**СҮРГІНДЕЙ** с ы н . *Сүргін сияқты, сүргін тәрізді.*

**СҮРГІНШІ** з а т . *Қуғын-сүргінге түсіруші.*

**СҮРГІНШІЛІК** з а т . *Қуғын-сүргін.*

**СҮРГІТ**[1]**=** е т. ж е р г . *Бір жұмысты тоқтамай істеу.*

**СҮРГІТ**[2]**=** е т. ж е р г . к ә с . *Тасты қашау.*

**СҮРГІШ** о р. з а т . *Ерітілген күйінде конверт, құлыптың аузын бекітіп, мөр басу үшін қолданылатын қызыл қоңыр түсті қатты зат.*

**СҮРГІШТЕ=** е т. *Желімдеп болған соң, сүргіш ерітіп, мөр басу.*

**СҮРДЕ** з а т . *Үстінен бастыра сүйреткен ауыр нәрседен кейін тапталып, киіздей боп сарғайып кеткен қалың шөп.*

**СҮРДЕК**[1] с ы н . с ө й л . ***Сүргек.***

**СҮРДЕК**[2] с ы н . ж е р г . **1.** *Жайылымы тозған (жер).* **2.** *Сүрлеу.*

**СҮРДЕКТЕ=** е т. с ө й л . **1.** ***Сүргекте.*** **2.** *Малды түнету.*

**СҮРДЕҢ** з а т . ж е р г . *Мал ізі немесе тапталған жер.*

**СҮРЕ** з а т . **1.** д і н и . *Құран Кәрім мәсімдерінің 114 тарауының жалпы атауы.*

2. ауыс. *Бір заттың жобасы, нұсқасы; негізі.* // *Ұзақ бір бөлік.*

**Сүре айтыс.** әдеб. *Екі ақынның бірталай мәселені қамтып, бірнеше шумақ өлеңмен түйдектей төгіп, көсіле, ұзақ жауаптасу айтысы.* **Сүре тартыс.** *Екі домбырашының күй шерту жарысы.*

**СҮРЕЙ** сын. *Ақымақ, ойсыз.*

**Сүрейі тиеді.** *Әсері болады.*

**СҮРЕК** зат. бот. *Сабақтың (ағаш діңі) қабықтан кейінгі едәуір көлемді бөлігін алып жатқан қабық пен өзектің арасында орналасқан қабаты.*

**СҮРЕКГҮЛ** зат. бот. *Тропикте өсетін ағаштардың діңі мен жуан бұтақтарында бүйыққан бүршіктерден шыққан гүлшоғыр.*

**СҮРЕКДІҢДЕР** зат. *Орман екпелерінің негізгі бөлігі болып табылатын ағаштар жиынтығы.*

**СҮРЕКЖАПЫРАҚ** зат. бот. *Ағаштың жуан діңінен шыққан жапырақ.*

**СҮРЕКТЕН=** ет. *Сүрекке айналу, серпімділік қасиеттің жойылуы, қатаю, лигниндену.*

**СҮРЕКТЕНУ** *Сүректен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРЕКТІ** сын. *Сүрегі бар.*

**СҮРЕЛЕ=** ет. **1.** *Егжей-тегжейін қалдырмай, жүйелеп әңгімелеу.* **2.** *Бумалау, топтау.*

**СҮРЕЛЕҢДЕ=** ет. *Сүйретілу, шұбатылу.*

**СҮРЕЛЕУ** *Сүреле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРЕЛІ** сын. *Мән-мағыналы, жүйелі, салалы.*

**СҮРЕН**[1] зат. *Айқай, шу.*

**Сүрен қосты.** *Әдеттегіден гөрі дауыс, ащы ұн, айқай қатты шықты.* **Сүрен салды.** *Айқайлады, қиқу салды.*

**СҮРЕН** зат. жерг. *Ұзақ әңгіме.*

**Сүрен жүріс**. *Сапырылысқан жүріс, сабылыс.*

**СҮРЕНДЕ=** ет. сөйл. *Айқайлау, дауыстау.*

**СҮРЕҢ**[1] зат. *Әбігер, сергелдең, қарбалас.*

**СҮРЕҢ**[2] зат. *Кескін, кейіп, өң.*

**Сүреңі [өңі] кетті**. *Жағдайы төмендеді; абдырады.* **Сүреңін кетірді.** *Мазасын алды, құтын қашырды.*

**СҮРЕҢ**[3] зат. **1.** *Амал, пайда.* **2.** *Әсер, ықпал.*

**Сүрең берді.** *Мән үстеді, реңк қосты.*

**СҮРЕҢДІ** сын. *Сергелдеңі мол, әбігерлі.*

**СҮРЕҢСІЗ** сын. **1.** *Сұры қашқан, сиықсыз.* **2.** ауыс. *Қызықсыз, мәнсіз.*

**СҮРЕҢДІК** зат. *Көңілсіз, сұры қашқандық.*

**СҮРЕҢСІЗДЕН=** ет. *Сүреңі қашу, сиқы кету.*

**СҮРЕҢСІЗДЕНДІР=** ет. *Сұрқын қашыру, кейпін алу.*

**СҮРЕҢСІЗДЕУ** сын. **1.** *Реңі қашқан, өңсіздеу, сиықсыздау.* **2.** ауыс. *Қызықсыздау, мәнсіздеу.*

**СҮРЕҢСІЗДІК** зат. *Сұрқы қашқандық, жабырқаушылық.*

**СҮРЕПЕТ** зат. жерг. *Ұсқын, сиық, пішін.*

**СҮРЕПЕТСІЗ** сын. *Ұсқынсыз, сиықсыз, сұрықсыз.*

**СҮРКЕЙЛІ** сын. *Қорқынышты, қаһарлы.*

**СҮРКӨЙ** зат. жерг. *Суайт, жексұрын, жамандықпен аты шыққан адам.*

**СҮРКІЛ** зат. *Қуғын-сүргін; аласапыран.*

**Сүркілге салды.** *Алды-артына қаратпай қуды, қудалады.*

**СҮРКІЛДЕТ=** ет. *Қуғын-сүргінге салу.*

**СҮРКІЛДЕТУ** *Сүркілдет етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРКІТ=** ет. *Қуу, айдау.*

**СҮРЛЕ=** ет. **1.** *Етті түтінге немесе желге қақтап, сүр жасау.* **2.** *Мал азығын тұздап, леп шығармай топырақ астына көму.*

**СҮРЛЕМ** зат. малшар. <исп. silos> **1.** *Астық өнімдерін, қант және т.б. тамақ өнімдерін сақтауға арналған, қима аудандары әртүрлі, темірден, темір-бетоннан жасалған сыйымдылық.* **2.** *Арнаулы сыйымдылықтарда консервіленетін, майдалап туралған көк өсімдіктерден дайындалған шырынды жем.*

**СҮРЛЕМДЕ=** ет. *Сүрлем әзірлеу, шөп сүрлеу.*

**СҮРЛЕМДЕУ** *Сүрлемде етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРЛЕМДІК** сын. *Сүрлем жасауға арналған, сүрлем боларлық.*

**СҮРЛЕМЕ** зат. сөйл. ***Сүрлем.***

**СҮРЛЕН=** ет. **1.** *Сүр етілу, сүр болу.* **2.** *Өсімдік, шөптердің ашытылып, сүрлем болып дайындалуы.* **3.** ауыс. *Ескіру, уақыт өту.*

**СҮРЛЕНДІК** зат. сөйл. жерг. ***Сүрлем.***

**СҮРЛЕНУ** *Сүрлен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРЛЕУ**[1] зат. **1.** *Көптен бері жүрілмеген ескі, көмескі жол.* **2.** ауыс. *Бағыт, бағдар.* **3.** ауыс. *Өмір жолы.*

**Сүрлеу жол.** ***Сүрлеу***.

**СҮРЛЕУ**[2] *Сүрле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРЛЕУЛІ** сын. *Сүрленген, сүрлеген (мал азығы).*

**СҮРЛЕУ-СОҚПАҚ** зат. *Жөн, бағыт-бағдар.*

**СҮРЛЕУСІЗ** сын. *Жол түспеген, ізсіз.*

**СҮРЛЕУІТ** зат. сөйл. ***Сүрлеу.***

**СҮРЛІК=** ет. *Жығылып-сүріну, есі шығу.*

**СҮРМЕ**[1] зат. *Кірпік пен қасты қарайтып бояу үшін қынадан жасалған бояу.*

**Сүрме тақайлатты.** *Араздасқан адамға тіке барды.* **Сүрме тартты**. *Қасы мен кірпігіне бояу жақты.*

**СҮРМЕ**[2] зат. хим. *Элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент.*

**СҮРМЕЛЕ=** ет. *Кірпік, қасты сүрме жағып бояу.*

**СҮРМЕЛЕН=** ет. *Кірпік, қасқа сүрме жағылу.*

**СҮРМЕЛЕНУ** *Сүрмелен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРМЕЛЕТ=** ет. *Кірпік, қасына сүрме жақтыру.*

**СҮРМЕЛІ** сын. *Сүрме жағылған, боялған.*

**СҮРНІГУ** *Сүрнік етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРНІК=** ет. жерг. *Сүрініп-қабыну, шаршап-шалдығу.*

**СҮРТ=** ет. **1.** *Бір нәрсені суынан құрғату.* **2.** *Кірінен арылту, тазарту.*

**СҮРТЕК** зат. *Жылқының аяңнан жылдамдау жүрісі.*

**СҮРТКІ** зат. сөйл. ***Сүрткіш.***

**СҮРТКІЛЕ=** ет. *Дымданған, су тиген, кірлеген нәрсені қайта-қайта сүрту, құрғату, тазалау.*

**СҮРТКІЛЕУ** *Сүрткіле етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТКІШ** зат. *Бір нәрсенің бетін тазарту үшін пайдаланатын шүберек, қағаз т.б.*

**СҮРТКІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта сүрте беру, сүрткілеу.*

**СҮРТКІШТЕУ** *Сүрткіште етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТУ** *Сүрт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТІЛ=** ет. *Тазалану, құрғатылу.*

**СҮРТІЛУ** *Сүртіл етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТІН=** ет. *Беті-қолын, денесін құрғату, сүрткілеу.*

**СҮРТІНДІР=** ет. *Сүрткізу, құрғаттыру, тазарткызу.*

**СҮРТІНДІРУ** *Сүртіндір етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТІНУ** *Сүртін етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРТІНШЕКТЕ=** ет. *Сүрткіштеңкіреу, айналасын сүрткіштеп отыру.*

**СҮРТІНШЕКТЕН=** ет. *Қайта-қайта сүрткіштеу.*

**СҮРТІП-СҮРТІП=** ет. *Сүрткіштеу, сүрткілеу.*

**СҮРТІС=** ет. *Көз жасын құрғату, сүрту.*

**СҮРТІСУ** *Сүртіс етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРУ** *Сүр етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРІ** зат. этн. *Тұздалып, желге кептірілген ет, сүр.*

**Сүрі жер.** ауылшар. *Ауыспалы егіншілікте дақыл егілмей өңделіп, таза, қопсытылған күйінде сақталатын егістік танабы; ылғал мен қоректік заттарды қолайлы жинау үшін бірнеше рет өңделетін танап.*

**СҮРІК** зат. *Ең жоғарғы сортты жұмсақ былғары.*

**СҮРІЛ**[1]**=** ет. *Сүрмелену, сүрме жағылу.*

**СҮРІЛ**[2]**=** ет. ескікіт. *Ада қалу, құр қалу.*

**СҮРІЛУ** *Сүріл етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРІН=** ет. **1.** *Жазатайым жығылып қала жаздау.* **2.** ауыс. *Мүлт басу, жаңсақ кету, қателесу.*

**СҮРІНДІ** сын. *Сара, бұрыннан салынған.*

**СҮРІНДІР=** ет. **1.** *Құлату, аяқ басысына кедергі болу.* **2.** ауыс. *Қапы қалдыру, шатастыру, жаңылыстыру.*

**СҮРІНДІРУ** *Сүріндір етістігінің қимыл атауы; қапы қалдыру.*

**СҮРІНЕ-ҚАБЫНА** үст. *Жығыла жаздап, тапырақтай жүгіріп.*

**СҮРІНТ=** ет. *Біреуді аяғынан шалу, сүріндіру, құлата жаздау.*

**СҮРІНТУ** *Сүрінт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРІНУ** *Сүрін етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРІНШЕК**[1] зат. вет. *Төс сүйектің бірінші буыны.*

**СҮРІНШЕК**[2] сын. **1.** *Сүрінгіш, сүріне бергіш (адам).* **2.** *Қайта-қайта сүріне беретін, аяғына қан түскен (ат).* **3.** ауыс. *Жаңылысып қала беретін, мүлт кететін.*

**СҮРІНШЕКТЕ=** ет. *Қайта-қайта сүріне беру, тайғанақтау.*

**СҮРІНШЕКТЕУ** *Сүріншекте етістігінің қимыл атауы.*

**СҮРІНШЕКТІК** зат. **1.** *Сүріншек болушылық, сүрінгіштік.* **2.** ауыс. *Жаза басушылық, жаңылушылық, қателесушілік.*

**СҮРІНІП-ҚАБЫНЫП** үст. *Жығылып-сүрініп, асып-сасып.*

**СҮРІНІС** зат. **1.** *Сүрініп кетушілік, сүрінушілік.* **2.** ауыс. *Жаңсақтық, қателесушілік.*

**СҮРІС=** ет. *Қақтығысып қалу, таласу, ұрысу.*

**СҮТ** зат. **1.** *Төлдеген малдың т.б. сүтқоректі жануарлардың сүт бездерінен бөлінетін түсі ақ, төлі үшін қоректік маңызы зор сұйықтық.* **2.** биол. *Босанған ананың, бала емізетін ананың сүт безінен бөлінетін, нәресте үшін қоректік маңызы зор секрециялық сұйық зат.* **3.** *Ішуге, пайдалануға дайын мал (сиыр) сүті.*

**Сүт бездері.** анат. *Адам мен жануарларда сүт түзетін без, желін.* **Сүт бұлағы ақтарылды.** бейн. *Көп сүт сауды, мол өнім алды.* **Сүт диетасы.** мед. *Сүт өнімдерін, оның ішінде айран, сүзбемен тамақтануға құрылған диета.* **Сүтке бөкті.** а) *Сүтке тойды, тойынды.* ә) *Сүттенді.* **Сүт кернеген.** *Сүтті, сүті мол.* **Сүтке тиген күшіктей.** а) *Жазықты, кінәлі, айыпты.* ә) *Соққы көрген, жүні жығылған, сүмірейген.* **Сүтке тойған қозыдай.** *Момақан, монтиған, сүйкімді.* **Сүт көп, көмір аз.** этн. а) *Малдың желінсау ауруларының алдын алу үшін көктемде, алғаш күн күркірегенде жасалатын ырым, мал тойынып сүттенсін деген игі тілек.* ә) *Істің немен тынары белгісіз, көз жетпейді деген мағынада.* **Сүт кухнясы.** *Сүтхана (нәрестелерге арнайы сүт тағамдарын дайындайтын орын).* **Сүт қайнағанша.** *Әне-міне дегенше, демде.* **Сүт қанты.** хим. *Таза күйінде ақ түсті, кристалл тәрізді ұнтақ; лактоза.* **Сүт қатты.** *Шайға сүт қосып ішті.* **Сүт майы.** *Сүттің құнарлы, майлы бөлігі, беті.* **Сүт өнімдері.** тамақ. *Сүттен дайындалатын әртүрлі өнімдер.* **Сүтпен еніп, сүйекке сіңген.** *Қанға сіңген, қалыптасқан, әдетке айналған.* **Сүт тандыры суалды.** *Әбден қуарып, құрдым болды.* **Сүт тартты.** *Сепаратормен сүттің кілегейін айырып алды.* **Сүттен ақ, судан таза.** *Күнәдан пәк, жаза баспаған, ешбір қылмысы жоқ.* **Сүттің беті.** сөйл. *Піскен немесе шикі сиыр сүтінің қаймағы, беткі жағы.* **Сүт тіс.** а) анат. *Баланың 7 жасқа дейін түсетін алғашқы тіс.* ә) вет. *Жылқының бес жасқа дейінгі тісі.* **Сүт үстінде қаймақ болды.** *Қағажу көрмей, бұла боп өсті.* **Сүті ағып тұр.** а) *Сүтті, сүті мол.* ә) *Өсімдіктің әлі қатпаған, көк кезі.* **Сүті қайтқан бие.** *Кәріліктен, күтімсіздіктен, аурушаңдығынан сүті кеміп азайған бие.* **Сүті қайтты.** *Сүті азайып, суалды.* **Сүтін көкке сауды.** этн. *Теріс батасын берді, анасының қарғысына қалды.*

**СҮТАҒАШ** з а т . ө с. *Оңтүстік Америкада өсетін, биіктігі 25 м-дей ағаш [Оның қабығын сәл ғана тіліп жіберсе, сүтке ұқсас аппақ сұйық зат бөледі. Жергілікті халық әлгі сүтті қайнатып, тағам етеді].*

**СҮТАҚЫ** з а т . э т н . *Күйеу жақтың қалыңдықтың анасына беретін, өзге кәделермен бірге қыз ұзату тойына дейін апаратын кәдесі, жоралғысы.*

**СҮТБАУЫРСАҚ** з а т . ж е р г . *Қатқан нанды сүтке жібітіп дайындайтын тағам.*

**СҮТБИДАЙ** з а т . ж е р г . *Бидайдың пісу кезіндегі дәнінің сұйық шағы, көксағалға дейінгі түрі.*

**СҮТБОТА** з а т . т ү й е ш а р . *Уызынан сүтке жарыған, әлі отықпаған жас бота.*

**СҮТБҰРЫШ** з а т . ж е р г . **1.** *Сүт пен майға бұрыш, пияз қосылып дайындалған көже.* **2.** *Күрішті сүтке пісіріп даярлаған тағам түрі.*

**СҮТЕЙ=** е т. *Малдың желіні сүтке толу, сүт көп шығу.*

**СҮТЕЙТ=** е т. *Сүтті қылу.*

**СҮТЕЙТУ** *Сүтейт етістігінің қимыл атауы.*

**СҮТЕМГЕН** з а т . ө с. *Малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**СҮТЕН** з а т . *Еркек балықтың ұрықтық шәуеті.*

**СҮТЕЮ** *Сүтей етістігінің қимыл атауы.*

**СҮТЖАПЫРАҚ** з а т . ө с. <лат. lactuca> *Кескен кезде жапырағынан сүт сияқты ақ, сұйық зат шығатын өсімдік.*

**СҮТЖЕНТ** з а т . т а м а қ . *Сүтке бөктірілген сөкке сарымай, қант, мейіз, қатқан нан ұнтағы қосылып, қаймақпен жаншылып әзірленетін тағам.*

**СҮТЖҰҚПАН** з а т . т а м а қ . *Сүтке бұқтырылған нан.*

**СҮТЗАУЫТ** з а т . *Сүт өнімдерін әзірлейтін зауыт.*

**СҮТИІС** з а т . *Емшектегі, емізулі баланың балғын, өзіндік ерекше иісі.*

**СҮТКӨЖЕ** з а т . э т н . т а м а қ . *Суға қайнатылған күріш, кеспе т.б. сүт қосып әзірленген көже.*

**СҮТКҮРІШ** з а т . т а м а қ . ж е р г . *Қайнаған сумен сүтке күріш салынып дайындалған көже.*

**СҮТҚОЗЫ** з а т . ж е р г . *Кенже туған қозы.*

**СҮТҚОР** с ы н . ж а ғ ы м с ы з. *Ақшаны, малды өсімге беріп, шамадан тыс өсім алушы, пайдақор.*

**СҮТҚОРЕКТІЛЕР** з а т . з о о л . <лат. mannalia> *Ең жоғарғы сатыдағы омыртқалы жануарлар класы.*

**СҮТҚУРАЙ** з а т . ө с. *Мал жейтін шөп.*

**СҮТҚҰЛАҚ** з а т . ө с. ***Тікенжиде***.

**СҮТҚЫШҚЫЛ** з а т . б и о л . *Жануарлардың, өсімдіктердің және микроағзалардың зат алмасуында түзілетін, суда жақсы еритін, түссіз кристалды, маңызды өнім.*

**Сүтқышқылы бактериялары.** х и м . *Табиғатта көп тараған, көмірсуларын ашытып, негізінен сүт қышқылын түзетін бактериялар тобы.*

**СҮТЛАҚ** з а т . қ о й ш а р . *Енесінің алғашқы уызынан бастап сауылмай, емін-еркін еміп өскен лақ.*

**СҮТМӘШИНЕ** з а т . *Сүттен қаймағын айыратын қол және электрлі мәшине.*

**СҮТӨКПЕ** з а т . в е т . *Төлдің дұрыс ембегенінен болатын өкпе ауруы.*

**СҮТПАСТЕРЛЕУІШ** з а т . т е х . *Сүтті қысқа мерзімдік пастерлеуге арналған аппарат.*

**СҮТ-ПҮТ** з а т . ж е р г . *Сүт-мүт.*

**СҮТПІСІРІМ** з а т . э т н . *Сүт пісіп үлгіретіндей азғантай, 20 минут шамасындағы уақытты білдіретін* х а л ы қ т ы қ *өлшем.*

**СҮТПІСІРІМДЕЙ** с ы н . *Шамалы уақыт, азғана.*

**СҮТСАЛМА** з а т . э т н . т а м а қ . *Қайнаған сүтке пәтірнанды турап салып жейтін тағам түрі.*

**СҮТСІЗ** с ы н . **1.** *Сүті аз, сүті жоқ.* **2.** *Сүт қатпаған, сүт қоспаған (шай).*

**СҮТСІЗДІК** з а т . *Сүт жоқтық, сүті болмағандық.*

**СҮТСІМЕН** з а т . ж е р г . к ө н е . *Қалың матаның бір түрі.*

**СҮТСІРНЕ** з а т . т а м а қ . *Сүтті айрықша әдіспен ұйыту арқылы дайындалатын тағам, сыр.*

**СҮТТАЙЛАҚ** з а т . т ү й е ш а р . *Енесі боталауға бірер ай қалғанша еме беретін тайлақтар мен түрліше себептерден қайымай не қысыр қалған інгеннің емізіп жүрген былтырғы боталарының жалпы атауы.*

**СҮТТЕЙ** с ы н . **1.** *Сүт сияқты, сүт тәрізді.* **2.** а у ы с . *Аппақ, кіршіксіз, тап-таза. // Сүт күйінде, сүт қалпы.* **3.** а у ы с . *Аққұба, әдемі.*

**Сүттей ақ.** а) *Аппақ, кіршіксіз ақ.* ә) *Ниеті адал, ойы таза; күнәдан пәк.* **Сүттей жарық.** *Күндізгідей жап-жарық.* **Сүттей ұйыды.** а) *Қозғалмады, мызғымады.* ә) *Тату-тәтті болды, ауызбірлігі күшті болды.* б) *Қалтқысыз құлай сенді, ықыласы кетті.* **Сүттей іріді.** *Берекесі кетті, шырқы бұзылды.*

**СҮТТЕН=** е т. *Өсімдіктің, астық дәнінің нәрленуі, дәні толыға бастауы.*

**СҮТТЕНУ** *Сүттен етістігінің қимыл атауы.*

**СҮТТЕП: сүттеп алу.** *Берген қарызды өсіммен алу.*

**СҮТТЫРНАҚ** з а т . э т н . *Нәрестенің қырқынан шығарғанға дейін алынбаған тырнағы.*

**СҮТТІ** с ы н . *Сүтті көп беретін, сүті мол. // Маңызды, алдыңғы қатарлылар. //* ж е р г . *Шебер, жақсы.*

**Сүтті ешкілер.** а у ы л ш а р . *Сүт өндіру мақсатында өсірілетін ешкілер.*

**СҮТТІГЕН** з а т . ө с. <лат. euphorbia densa> *Сүттіген тұқымдасына жататын, бір не көпжылдық, сабағынан улы ақ сүт шығатын өсімдік.*

**Сүттіген тұқымдасы.** ө с. *Қос жарнақты, сүт шырынды ағаш, бұта және шөптесін өсімдіктер.*

**СҮТТІКЕН** з а т . ө с. *Сүтжапырақтың бір түрі.*

**СҮТТІЛІК** з а т . *Сүтті көп берушілік.*

**СҮТХАНА** з а т . **1.** *Сауылған сүт тұратын бөлме.* **2.** *Емшектегі дені сау және 3 жасқа толмаған науқас балалар үшін арнайы тамақ әзірлейтін қоғамдық тамақтандыру мекемесі.*

**СҮТШӘРБАТ** з а т . т а м а қ . *Балмұздақ, жеміс шырыны және сүт араластырып жасалған салқындатылған сусын.*

**СҮТШЕШЕК** з а т . ө с. *Бақ-бақтың бір түрі; үлкен бақ-бақ.*

**СҮТШӨП** <лат. lettace> з а т . ө с. *Сүтжапырақтың бір түрі; жабайы сүт жапырақ.*

**СҮТШЫРЫН** з а т . б и о л . *Сүтжолдары жасушаларының вакуолінде болатын, құрамында терпеноидтер, алкалоидтер, таниндер, көмірсулар, майлар мен ақуыздар бар ақ және сарғыш түсті сұйықтық.*

**СҮТШІ** з а т . *Сүт тасушы, сүт сатушы адам. // Сүт сататын.*

**СҮТШІЛ** с ы н . *Сүтті жақсы көретін, аққұмар.*

**СҮТІ: дәрет сүтіді.** *Дәрет сындырды, дәрегте шықты.*

**СҮТІМАҚ** з а т . ж е р г . *Тауда мекендейтін, адамға көп көріне бермейтін құс түрі.*

**СҮТІҢКЕ** з а т . *Өзен бойындағы салға әзірлеген самырсын.*

**СҮТІҢКЕДЕЙ** с ы н . *Сүтіңке сияқты, үлкен.*

**СҮТІМ** з а т . ж е р г . *Қарғам, қарағым, шырағым мағынасындағы қаратпа атауыш.*

**СҮТІН**[1] з а т . *Мақсат, бағдар, болашаққа сенім, мұрат.*

**СҮТІН**[2] з а т . ж е р г . *Үйдің тіреуіші, ұстын.*

**СҮТІНДІК: сүтіндік етті.** *Басшылық жасады, сүйеу, тірек болды.*

**СҮФ** о д. *Ауруды ұшкірген кезде, ұшықтағанда айтатын сөз.*

**СҮФИТ** о д. ***Суф***.

**СҮФУ** о д. с ө й л . ***Суф.***

**СҮЬРАТ** з а т . к ө н е . *Марапат, атақ.*

**СҮЮ** *Сүй етістігінің қимыл атауы.*

**СФАЛЕРИТ** [грек. sphaleros] з а т . г е о л . *Түйірлі не кубтық кристалл түрінде ұшырасатын, түсі қоңыр не қара, кейде сары, қызыл, жасыл болатын минерал, мырыш өндірілетін руда.*

**СФЕН** з а т . х и м . *$CaTi[SiO4]O$ - силикаттар кластарының минералы; мөлдір түрлері – асыл тастар.*

**СФЕРА** [грек. sphaira] з а т . **1.** м а т . *Барлық нүктелері бір нүктеден бірдей қашықтықта болатын математикадағы тұйық бет шардың беті.* **2.** а у ы с . *Орта, өріс, аумақ.*

**СФЕРАЛЫҚ** с ы н . *Сфераға тән, сфераға қатысты.*

**Сфералық астрономия.** а с т р. *Астрономияның аспан сферасындағы шырақтардың көрінерлік қозғалысы мен орналасуын зерттеуге байланысты есептерді шешудің математикалық тәсілдерін қарастыратын бөлімі.* **Сфералық бет.** м а т . *Кеңістікте берілген нүктеден (центрден) қашықтықтары бірдей нүктелердің геометриялық орны.* **Сфералық геометрия**. *Математиканың сфера бетіндегі геометриялық фигураларды зерттейтін саласы.* **Сфералық тригонометрия**. г е о м . *Математиканың сфералық ұшбұрыштардың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы тәуелділікті зерттейтін саласы.*

**СФЕРОЛИТТЕР** з а т . г е о л . *Ішкі құрылысы шартты нүктеден барлық бағытқа бірдей тарамдала шашыраған талшық тұрқылас кристалдар жүйесінен тұратын, домалақ пішінді агрегаттар.*

**СФЕРОЛОИДТЕР** з а т . г е о л . *Қышқыл лавалар арасындағы домалақ не шар тұрқылас түзілімдер.*

**СФЕРОПЛАСТАР** з а т . х и м . *Газ толтырылған пластмассалар.*

**СФЕРОФИЗИН** [грек. sphacrophyisinum] з а т . в е т . *Осы аттас өсімдіктен алынатын алколоид.*

**СФИГМОГРАФИЯ** [грек. spygmos – қанның бүлкілдеуі, grapho – жазамын] з а т . в е т . *Артериялық пульсті (тамыр соғуын) жазып (сызып) алу.*

**СФИНКЕР** з а т . *Денедегі белгілі бір тесіктерді айнала қоршаған еттердің жалпы аты.*

**СФИНКС** з а т . *Ежелгі Мысырдағы басы адам, денесі арыстан бейнесіндегі тас мүсін.*

**СХЕМА** [грек. schema] з а т . **1.** *Бір заттың ішкі-сыртқы құрылысын, оның бөліктерін бейнелейтін сызықтар, сұлба.* **2.** *Белгілі бір заттың ең негізгі белгілерін көрсететін жоба, үлгі.* **3.** и н ф . *Қандай да бір нысан құрылымының шартты символдар мен графиктік кескіні.*

**СХЕМАЛЫҚ** с ы н . *Схемаға тән, схемаға қатысты.*

**СХЕМАТЕХНИКА** з а т . *Берілген функциялардың тиімді орындалуын және құрамына кіретін элементтердің параметрлері дұрыс есептелуін жасақтау мақсатымен радиотехника, байланыс, автоматика, есептеу техникасының жеке аспаптарын саралау және синтез жасау мәселелерімен шұғылданатын ғылыми-техникалық бағыт.*

**СХЕМАТИЗМ** з а т . *Істің байыбына барып, мәнін ашпай, үстірт қараушылық.*

**СХЕМАТИКАЛЫҚ** с ы н . *Схема түріндегі.*

**СХОЛАСТИКА** [лат. scholastikos] з а т . ф и л о с . *Болмысты зерттеуден қашып, шіркеу догматтарына, қағидаларына сүйенген орта ғасырдағы идеалистік философия.*

**СЦЕНАРИЙ** [итал. scenario] з а т . **1.** *Кинофильмге негіз болатын әдеби шығарма, киносценарий.* **2.** *Театрда ойнаушылардың, концерт қоюшылардың сахнаға шығу, ойнау тәртібі, реті көрсетілген жазба.*

**СЦЕНАРИСТ** з а т . *Сценарийдің авторы.*

**СЦИЕНТИЗМ** [лат. scientia] з а т . ф и л о с . *Ғылым мен оның жетістіктерін тарихтағы прогрестің басты факторы, қоғамдық, әлеуметтік проблемаларды шешудің құралы деп бағамдайтын дүниетаным.*

**СЦИФОИДТЫ: сцифоидты медузалар.** з о о л . <лат. schyphozoa> *Ішекқуыстылар типінің бір класы.*

**СЦИОФИТТЕР** [грек. skia – көлеңке, phitos – өсімдік] з а т . б о т . *Көлеңке сүйгіш өсімдіктер тобы.*

**СЧЕТ** з а т . с ө й л . ***Шот***.

**СЧЕТЧИК** зат. сөйл. *Электр энергиясының есебін көрсететін құрал.*

**СЪЕЗД** зат. **1.** тар. совет. *Кеңес Одағы коммунистік партия депутаттарының әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық мәселелерді қарайтын, талқылайтын, шешетін құрылтайы.* **2.** ауыс. *Үлкен оқиға.* **3.** тар. ***Сыяз.***

**СЫБА[1]=** ет. *Баттастыру, жабу.*

**СЫБА[2]=** ет. **1.** *Түгін қалдырмай балағаттау, тілдеу.* **2.** *Қуу, айдау.*

**СЫБАҒА** зат. **1.** этн. *Құрметті қонаққа, жақын-жуыққа арнап сақталған соғым еті; кәделі мүше.* **2.** *Үй ішінен жырақта жүрген балаға сақталған соғым еті.* **3.** ***Соғым.*** **4.** ауыс. *Әр адамның өзіне лайық еншісі, тиесісі, үлесі.* **5.** ауыс. *Несібе, ырыздық.* **6.** ауыс. *Пайда, кіріс.*

**Сыбаға алды.** а) *Үлес тиді, тиесілі бөлігін алды.* ә) *Сазайын тартты, жазасын тартты, әшкереленді.* **Сыбағадан құр [жай] қалды.** *Тиесілі үлесін ала алмады.* **Сыбаға дәметті.** *Жақсылық күтті, несібесін іздеді.* **Сыбағам қайда.** а) *Сақталған соғым еті бар ма деген мағынада.* ә) *Несібем, бұйырғаны қайда деген мағынада.* **Сыбағасы бар.** *Кеткен есесі, ала алмаған өші бар.* **Сыбағасы қайтарылды.** *Сазайын берді.* **Сыбағасын алды.** а) *Сазайын тартты, жазасын алды.* ә) *Несібесін, ырыздығын алды.* **Сыбағасын берді.** а) этн. *Қонақтыққа келе алмаған жасы үлкен қария не науқас кісіге астан ауыз тисин деп береді.* ә) *Сазайын тартқызды, жазасын берді.* б) *Несібеден, ырыздықтан қағылды.* в) *Үлес берді, бөліп берді.* **Сыбағасын даулады.** *Тиесілі үлесін талап етті.* **Сыбағасына қалдырды.** *Үлесіне, сыбағасына қалдырды, тастады.* **Сыбаға сорпасы төгілді.** жерг. *Үлесінен айырылды, бос қалды.* **Сыбаға тартты.** а) этн. *Арнайы сойылған, сақталған етті асып, сый-құрмет көрсетті, қадірледі.* ә) *Сыйлады, берді.* **Сыбағасына [сыбаға] тиді.** *Еншісіне қалды, бұйырды.*

**СЫБАҒАЛАС** сын. *Қарайлас, бірге жүрген.*

**СЫБАҒАЛЫ** сын. **1.** *Сыбағаға ие, сыбағасы бар.* **2.** ауыс. *Арнаулы, тиісті; лайықты.*

**Сыбағалы салмақ.** *Заттың өзіне тән ауырлығы.*

**СЫБАҒАСЫЗ** сын. *Сыбағасы жоқ, үлессіз, тиесісіз.*

**СЫБАЙ[1]** зат. жерг. *Жиырма бес пұттық таразы тасы.*

**СЫБАЙ[2]** сын. *Жақын, аралас-құралас, көрші.*

**СЫБАЙ[3]** үст. *Салт.*

**СЫБАЙЛАС** сын. **1.** *Шектес, көршілес.* **2.** ауыс. *Ым-жымы бір, бір-бірімен тығыз байланысты, ауыз жаласқан (адамдар).*

**Сыбайлас бұрыш.** геом. *Бір қабырғасы ортақ, ал былайғы екі қабырғасы бір түзу сызық болатын екі бұрыш.* **Сыбайлас жемқорлық.** заң. <лат. corruptio> *Мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы.*

**СЫБАЙЛАСТЫҚ** зат. **1.** *Жақындық, байланыстылық, таныстық.* **2.** заң. <итал. maffia> *Ордалы қылмыс, ұйымдасқан қылмыс қоқанлоқы, зорлық-з омбылық, адам өлтіру әдістерімен әрекет ететін астыртын ұйым.* **3.** экон. *Қоғам және саяси қайраткерлердің, сондай-ақ мемлекеттік шен иелері мен лауазымды адамдардың парақорлығы және сатылғыштығы.*

**СЫБАЙ-САЛТАҢ** сын. *Жалғыз-жарым, жеке басты.*

**СЫБАҚ** зат. сөйл. ***Сылақ.***

**СЫБАЛ=** ет. *Малшыну, көресіні көру.*

**СЫБАН=** ет. **1.** *Білегін жалаңаштау, жеңін түріну.* **2.** ауыс. *Бір жұмысты, міндетті атқаруға кірісу, құлшыну.*

**Сыбана [сыбанып] кірісті.** *Бар ынтасымен құлшына кірісті.* **Сыбанып сөйледі.** *Өзеуреп, шын ниетімен емес, арам ниетпен, көріну үшін сөйледі.*

**СЫБАНДЫР=** ет. *Жеңдерін түрдірту.*

**СЫБАНДЫРУ** *Сыбандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБАНТ=** ет. *Сыбандыру, жеңін түргізу.*

**СЫБАНТУ** *Сыбант етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБАНУ** *Сыбан етістігінің қимыл атауы; құлшыну.*

**СЫБАНУЛЫ** сын. *Сыбанған, түріп қойған.*

**СЫБАНЫҢҚЫРА=** ет. *Сыбана түсу.*

**СЫБАТТЫР=** ет. *Боқтату, жаман сөз айтқызу.*

**СЫБАУ[1]** зат. *Боқтық, дөрекі сөз.*

**СЫБАУ[2]** зат. жерг. сөйл. *Сылау.*

**СЫБДЫҒЫР** сын. жерг. *Пәлеқор, жалақор.*

**СЫБДЫР[1]** зат. **1.** *Судың сылдыры, желдің не басқа нәрсенің әсерінен шығатын баяу дыбыс.* **2.** *Болар-болмас естілген дыбыс.*

**Сыбдыр етті [қақты].** а) *Сыбдырлаған дыбыс шықты, сыбдырлады.* ә) *Сылдыр-сылдыр етті, сусылдады.* б) *Сыбырласып сөйлесті.*

**СЫБДЫРА=** ет. *Сыбдыр қағу, сыбдырлау.*

**СЫБДЫРАТ=** ет. *Сыбдырлату, ақырын сыбдырлаған дыбыс шығарту.*

**СЫБДЫРАТУ** *Сыбдырат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБДЫРЛА=** ет. **1.** *Желдің әсерінен ағаш жапырақтарының ырғатылуы, сусылдауы.* **2.** *Тысыр-тысыр ету; сыбдырау.*

**СЫБДЫРЛАС=** ет. *Сыбдыр-сыбдыр етісу, сусылдасу.*

**СЫБДЫРЛАТ=** ет. *Сусылдату, сылдыр еткізу.*

**СЫБДЫРЛАУ** *Сыбдырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБДЫРЛЫ** сын. *Сыбдырлаған, сыбдыр-сыбдыр еткен.*

**СЫБДЫР-СЫБДЫР** елік. *Қайта-қайта сыбдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Сыбдыр-сыбдыр етті.** *Сыбдырлады, тысырлады.*

**СЫБДЫРСЫЗ** сын. *Дыбыс шығармастан, үн-түнсіз.*

**СЫБЫЗҒЫ[1]** зат. муз. *Құрайдан, ағаштан немесе жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап.*

**Сыбызғысын суарды.** *Сыбызғы тартар алдында аспаптың ішіне су жүгіртіп, дымдап алды.* **Сыбызғы тартты.** а) *Сыбызғыда ойнады.* ә) *Сыңсыды, сызылтқан дыбыс шығарды.*

**СЫБЫЗҒЫ[2]** зат. өс. *Сазды жерлерде қалың болып өсетін іші қурай шөп.*

**Сыбызғы торғай.** жерг. зоол. *Торғайдың түрі.*

**СЫБЫЗҒЫДАЙ** сын. *Үні, даусы сыбызғының даусындай сазды, нәзік.*

**СЫБЫЗҒЫЛАТ=** ет. **1.** *Құстардың нәзік үнмен сайрауы.* **2.** *Әндету.*

**СЫБЫЗҒЫЛЫ** сын. *Сыбызғысы бар.*

**СЫБЫЗҒЫШЫ** зат. *Сыбызғы тартатын адам.*

**СЫБЫЛЫҚ[1]** сын. *Жылбысқа, жұмсақ.*

**СЫБЫЛЫҚ[2]** сын. жерг. *Жаңбырлы, лайсаң.*

**СЫБЫЛЫҚТАП** үст. *Толассыз, ақырындап (жауу).*

**СЫБЫЛЫҢҚЫ** сын. *Дымқыл басқан, бұлыңғыр.*

**СЫБЫР** зат. **1.** *Сыбдыр, сусыл (ағаш, шөп).* **2.** *Ақырын айтылатын сөз, күбір.* **3.** ауыс. *Өсек-аяң, құр әңгіме.* **4.** ауыс. *Болған жасырын оқиға, күңкіл.*

**Сыбыр етті.** *Ақырын айтты, сыбырлады, көпке естіпеді.* **Сыбыр қосты.** *Әңгімеге өрт салды, көбейтті.*

**СЫБЫР-КҮБІР** зат. *Сыбырласқан, күбірлескен әңгіме, құпия сөз.*

**СЫБЫРЛА=** ет. **1.** *Даусын шығармай ақырын сөйлеу.* **2.** *Басқаға естіртпей ақырын айту.* **3.** *Өсек айту, жамандау.*

**Сыбырлағанды Құдай естімей ме?** *Жұртқа мәлім болмайтын ештеме жоқ деген мағынада.*

**СЫБЫРЛАҚ[1]** зат. вет. *Малдың қызыл асығымен бірге біткен өте майда сүйек.*

**СЫБЫРЛАҚ[2]** сын. *Даусы бәсең, ақырын.*

**Сыбырлақ аққу.** зоол. <лат. cygnus olor> *Қазтәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын құс.*

**СЫБЫРЛАҢҚЫРА=** ет. *Сәл сыбырлай сөйлеу.*

**СЫБЫРЛАҢҚЫРАУ** *Сыбырлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБЫРЛАС=** ет. **1.** *Жасырын әңгіме айту, күбірлесу.* **2.** *Желдің әсерінен ағаш жапырақтары, шөп басының сусылдауы.* **3.** *Сырласу, сыр айтысу.*

**СЫБЫРЛАС** сын. *Сырлас, ымы-жымы бір.*

**СЫБЫРЛАСУ** *Сыбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБЫРЛАСУШЫ** зат. *Сыбырласып сөйлесуші адам.*

**СЫБЫРЛАТ=** ет. *Ақырындату, дауысын басу.*

**СЫБЫРЛАТУ** *Сыбырлат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБЫРЛАУ** *Сыбырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫБЫРЛАУЫҚ: сыбырлауық аққу.** зоол. <лат. cygnusolor>. *Басы мен тұмсығын су бетіне қарата тік ұстап, мойнын иіп жүзетін аққудың түрі.*

**СЫБЫР-СЫБЫР** сын. **1.** *Ақырын, жай.* **2.** *Сыпсыңдаған, сусылдаған.* **3.** *Сыбдырлаған, сыбдыр-сыбдыр еткен.* **4.** ауыс. *Жасырын, құпия.*

**Сыбыр-сыбыр етті.** *Сыбырлады, сыбдырлады.*

**СЫБЫРШЫ** зат. театр. *Театр сахнасында актердің айтатын сөзін сыбырлап оқып беруші; суфлер.*

**СЫБЫРШЫЛ** зат. *Тыныш отыра алмайтын, көп сөйлейтін адам.*

**СЫБЫС** зат. **1.** *Өтірік-шынды айтылған ұзынқұлақ хабар.* **2.** *Дыбыс, үн, ызың.*

**СЫБЫССЫЗ** үст. сөйл. *Дыбыссыз, үнсіз.*

**СЫБЫС-СЫПСЫҢ** зат. *Өсек-аяң, қауесет.*

**СЫҒАЙ[1]** зат. *Текті, асыл жер.*

**СЫҒАЙ[2]: ығай мен сығай.** *Бірінен-бірі өткен, таңдаулы, мықты (адамдар).*

**СЫҒАЙЛА=** ет. *Іріктеу, таңдау, сайлап алу.*

**СЫҒАЙЛАН=** ет. *Дайындалу, сайлану.*

**СЫҒАЛА=** ет. **1.** *Жасырынып, бұғып қарау.* **2.** *Бір көзін қысып көздеу.* **3.** *Көзін сығырайту.* **4.** ауыс. *Кіре алмай, алыстан көз сузу.*

**СЫҒАЛАС=** ет. *Жасырынып қарасу.*

**СЫҒАЛАСУ** *Сығалас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒАЛАТ=** ет. **1.** *Жасыру, тығу.* **2.** *Сығырайту.* **3.** ауыс. *Аңду, қадағалау, бақылау.*

**СЫҒАЛАТТЫР=** ет. *Сығырайттыру.*

**СЫҒАЛАТУ** *Сығалат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒАЛАУ** *Сығала етістігінің қимыл атауы; аңды, қадағалау.*

**СЫҒАН** зат. **1.** *Әр елдерде топталып, көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүретін арғы тегі үнділік халықтың атауы, осы халықтың өкілі.* **2.** ауыс. *Үйі жоқ, күйі жоқ, көшіп-қонып жүретін адам.*

**Сыған болып кетті.** *Тозып, берекесі кетті.*

**СЫҒАН-МЫҒАН** зат. *Қаңғыған біреулер, сығандар.*

**СЫҒАРАҢДА=** ет. *Жақсы көре алмау, сығараң-сығараң ету.*

**СЫҒАРАҢДАУ** *Сығараңда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒУ** *Сық етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫЛ=** ет. **1.** *Суынан құрғату, сығу.* **2.** *Жаншылу, суы, сөлі алыну.* **3.** *Қысым түсірілу, қысым жасау.* **4.** ауыс. *Қысымшылық көру.*

**СЫҒЫЛҒЫШТЫҚ** зат. геол. *Сыртқы салмақтың әсерінен жыныстардың көлемінің кішірею қабілеті.*

**СЫҒЫЛҒЫШТЫҚ** зат. хим. *Жан-жақтан түсірілген қысым әсерінен физикалық дененің өз көлемін өзгерту қабілеті.*

**СЫҒЫЛМА** зат. кен. *Қатарлас қабырғалармен шектелген, тілімше тәрізді, тік не құлама геологиялық дене.*

**СЫҒЫЛУ** *Сығыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫЛЫҢҚЫ** сын. *Екі жағы ішке қарай қысылған.*

**СЫҒЫЛЫС=** е т. **1.** *Қысылысу, иін тіресу.* **2.** *Ықшамдалу, қысқару.* **3.** а у ы с . *Қысымшылық көру.*

**СЫҒЫЛЫСТЫР=** е т. *Кішкентай жерге сыйғызу.*

**СЫҒЫЛЫСТЫРУ** *Сығылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫЛЫСУ** *Сығылыс етістігінің қимыл атауы; қысылысу, иін тіресу.*

**СЫҒЫМ**[1] з а т . **1.** *Бір уыс, бір кесек.* **2.** а у ы с . *Күші басымнан көрген қысым, қыспақ.*

**СЫҒЫМ**[2] з а т . ж е р г . *Жұқа жібек орамал.*

**СЫҒЫМ**[3] з а т . с а я т . *Бүркіттің ортаңғы саусағы.*

**СЫҒЫМ**[4] з а т . *Ақша, пұл салған қалта, қапшық.*

**СЫҒЫМДА=** е т. **1.** *Бір затты алақанға салып қысу, сығу.* **2.** *Қыран құстың ұстаған аңын аяқтарымен қысып ұстауы.* **3.** *Там-тұмдап алу.* **4.** а у ы с . *Айыпты деп жауап алу, қыспақтау.*

**Сығымдап ұстады.** *Қатты ұстады, еркіне жібермеді.*

**СЫҒЫМДАЛ=** е т. **1.** *Уысқа салынып қысылу.* **2.** а у ы с . *Таңдалу, сұрыпталу.* **3.** а у ы с . *Қысқартылу, ықшамдалу.*

**СЫҒЫМДАЛҒЫШТЫҚ** з а т . к е н . *Сыртқы күш әсерінен тау жынысының көлемін кішірейту қабілеті.*

**СЫҒЫМДАЛУ** *Сығымдал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫМДАН=** е т. *Уысталып, қысылу.*

**СЫҒЫМДАНУ** *Сығымдан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫМДАУ** *Сығымда етістігінің қимыл атауы; қысу, қылқындыру.*

**СЫҒЫМДЫЛЫҚ** з а т . *Қатты сығылғандық.*

**СЫҒЫН=** е т. *Үстіндегі су болған киімін, шашын сығып, суын ағызу.*

**СЫҒЫНДЫ** з а т . т а м а қ . *Жеміс, көкөніс шырыны, сөлі.*

**СЫҒЫНҚЫ** с ы н . *Қушық, жабысыңқы.*

**СЫҒЫР**[1] з а т . м е д . *Алыстан көрмейтін көз ауруы.*

**Сығыр көз.** *Сығырайған қысық көз.* **Сығыр Құдай.** *Налыған, кейіс сөз.*

**СЫҒЫР**[2] м о д . *Құдай атқан, соққан.*

**СЫҒЫРАЙ=** е т. **1.** *Жарықтың өлеусіреп көмескіленуі, сәл ғана жарық беруі.* **2.** *Жақсы көре алмай сықсию, сығыраңдау.*

**СЫҒЫРАЙМА** с ы н . *Сықсиған, бітиген.*

**СЫҒЫРАЙТ=** е т. *Көзін қысыңқырап қарау.*

**СЫҒЫРАЙТУ** *Сығырайт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫРАЙЫҢҚЫРА=** е т. *Аздап сығыраю, сықсию.*

**СЫҒЫРАЙЫҢҚЫРАУ** *Сығырайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫРАҚ** з а т . к е к е с і н . *Ұсақ-түйек әңгімелерді теріп, сөз қылып, өсектеп жүретін, жыбырлақ адам.*

**СЫҒЫРАҢДА=** е т. **1.** *Сығыраң-сығыраң ету, қайта-қайта сығыраю.* **2.** *Сығараңдап қарау, жақсы көре алмау.*

**СЫҒЫРАҢДАС=** е т. *Жапа-тармағай сынай қарасу.*

**СЫҒЫРАҢДАУ** *Сығыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫРАЮ** *Сығырай етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫРДАҢ** с ы н . с ө й л . *Қатаң, қытымыр.*

**Сығырдаң тартты.** *Қатайды, қытымырланды.*

**СЫҒЫРДАҢДАУ** с ы н . *Қатаңдау, қытымырлау.*

**СЫҒЫРДАНДЫҚ** з а т . *Қытымырлық, қатаңдық.*

**СЫҒЫС**[1]**=** е т. с ө й л . ***Сығылыс.***

**СЫҒЫС**[2]**=** е т. *Қысу, басып қарау.*

**СЫҒЫСТЫР=** е т. *Сығылыстыру.*

**СЫҒЫСТЫРУ** *Сығыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫСТЫРЫЛ=** е т. *Иін тірестіру, қысылысу.*

**СЫҒЫСТЫРЫЛУ** *Сығыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҒЫСУ** *Сығыс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫДЫР=** е т. **1.** *Қатты тиген заттан дененің сырылуы; терісін алып кету.* **2.** *Сойылған, өлген мал терісін сылып алу, сыпыру.* **3.** *Тілінген таспаны, тарамысты қатты нәрсенің арасына салып ысқылау, кем-кетігін алу, тегістеу.* **4.** *Сыртын, қабығын тазалау.* **5.** с ө й л . *Ығысыру, жылжыту, ысырып тастау.* **6.** а у ы с . *Сыпсыңдау, сұырылып сөйлеу.* **7.** а у ы с . *Тездету, шапшаңдату, зуылдату.*

**СЫДЫРА** ү с т . *Тегіс, жапа-тармағай, жаппай.*

**Сыдыра жыртты.** а у ы л ш а р . *Жерді топырағы аударылмай орнында қалатын арнаулы соқамен (лущильникпен, дискілі соқамен) қопсытты.*

**СЫДЫРАЖЫРТҚЫШ** з а т . а у ы л ш а р . *Егістік жерді жұмсартатын, қопсытатын арнаулы соқа.*

**СЫДЫРҒАЙ** з а т . ж е р г . *Түгін бетіне шығармай тоқыған кілем (кейде өрнек те салынбайды).*

**СЫДЫРҒЫ** з а т . э т н . *Ортасына тіс орнатылған таспаны өңдеу үшін қолданылатын құрал.*

**СЫДЫРҒЫШ** з а т . с ө й л . ***Сыдырғы.***

**СЫДЫРМА**[1] з а т . *Етікке бас орнату, ұлтарту.*

**СЫДЫРМА**[2]**: сыдырма қылыш.** ж е р г . *Алмас, өткір қылыш.*

**СЫДЫРМАЛАТ=** е т. *Тездету, шапшаңдату.*

**СЫДЫРМАТАС** з а т . г е о л . *Шөгінді кесектері.*

**СЫДЫРТ=** е т. **1.** *Сыру, денесін жаралау.* **2.** а у ы с . *Жүгірту, зымырату.*

**СЫДЫРТУ** *Сыдырт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫДЫРУ** *Сыдыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫДЫРЫҚ** з а т . в е т . <лат. excorio> *Терінің беткі қабаттарының сәл сыдырлауы, кейде одан шып-шып қан шығуы.*

**СЫДЫРЫЛ=** е т. *Сырылу, терісі жаралану.*

**СЫДЫРЫЛУ** *Сыдырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫДЫРЫМ** з а т . э т н . *Тарамыстың, таспаның сыдырылған жіңішке бір талы, талшығы.*

**СЫДЫРЫМТА** з а т . к ө н е . *Біреудің бөлінген малын өз малына қосып алып, сіңіріп кету әрекеті.*

**СЫДЫРЫНДЫ** з а т . **1.** *Тарамыс сыдырғанда, таспа тілгенде түсетін қалдық, жұқана.* **2.** к е н . *Желдің әсерінен тауда болатын жайдақ тастар.*

**СЫДЫРЫС** з а т . ж е р г . ***Желіс.***

**СЫЗ**[1] з а т . **1.** *Ылғалы мол, дымқыл жер.* **2.** *Салқын, суық, дене тітіркенетін ызғар.* **3.** а у ы с . *Көңілдегі реніш, зіл, ашу.*

**Сыз өтті.** *Табанынан, астынан суық өтті, ауырды.*

**СЫЗ**[2]**: таң сыз берді.** *Таң қылаң берді, ағарып атты.*

**СЫЗ**[3] с ы н . ж е р г . *Сызылған, әдепті, сыпық мінезді.*

**СЫЗ=** е т. **1.** *Қарындашпен не қаламменен қағаз бетіне сызық жүргізу, сызбасын салу.* **2.** *Жазған жазуды өшіру, жоқ қылу, жою.* **3.** *Белгілі бір сөздің не сөйлемнің астына қарындашпен не қаламмен белгі соғу.* **4.** а у ы с . *Қасын бір сызық қып бояу.* **5.** а у ы с . *Шығармашылықпен айналысу, өлең жазу.* **6.** а у ы с . *Жазу, қолтаңбасын қалдыру.* **7.** а у ы с . *Құстың су бетіне бауырлай барып, ұшуы.* **8.** а у ы с . *Тез жүру, шапшаңдатып өтіп кету.*

**СЫЗАЛЫ** с ы н . *Көкорайлы, шалғынды.*

**СЫЗАМЫҚ** з а т . *Болар-болмас сызық, сызат.*

**СЫЗАТ** з а т . **1.** *Болар-болмас шытынай білінген сынықтың ізі, жарықшақ.* **2.** а у ы с . *Көңіл кірбіңі, реніш.* **3.** а у ы с . *Кемістік, кемшін тұс.*

**СЫЗАТТА=** е т. *Әрең-әрең, сыздықтау, тамшылау.*

**СЫЗАТТАН=** е т. **1.** *Сызат түсу, әжімдену.* **2.** а у ы с . *Реніш тудыру, көңілге жара, кірбің түсіру.*

**СЫЗАТТАНУ** *Сызаттан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗАТТАП** ү с т . *Біртіндеп, жайлап.*

**СЫЗАТТЫ** с ы н . *Сызаты бар, жарық.*

**СЫЗАШЫҚ** з а т . *Жерден шығатын бұлақ, қайнар, тұма, саздақ сияқты су көздерінің жалпы атауы.*

**СЫЗБА**[1] з а т . г е о м . *Қандай да бір құрылымның шартты графикалық бейнесі.*

**Сызба геометрия.** *Геометрияның кеңістіктегі фигураларды жазықтық бетіне кескіндерін салу арқылы зерттейтін саласы.*

**СЫЗБА**[2]**: дым [нәр] сызбады.** *Түк тамақ ішпеді, дәнеңе таппады.*

**СЫЗБАҚТА=** е т. *Сорғалау, саулау.*

**СЫЗБАТЕХНИКА** з а т . *Радиотехника, байланыс, автоматика, есептеу техникасы және т.б. электрондық құрылғылардың схемаларын, олардың берілген функцияны орындау мақсатында синтездеу мәселелерін қамтитын ғылыми-техникалық бағыт.*

**СЫЗҒЫ** з а т . г е о л . <нем. Abris> *Алдағы белгілерге дейінгі қашықтық немесе азимуттары көрсетілген кішігірім бір өңірдің жоспары немесе нұсқалық суреті.*

**СЫЗҒЫЛА=** е т. **1.** *Сызғылап тастау; шимайлау.* **2.** а у ы с . *Жазылған мәтінді жөндеу, қатесін тексеру.*

**СЫЗҒЫР=** е т. **1.** *Шөптің, желдің әсерінен ысқырып, нәзік үн шығаруы.* **2.** *Желдің уілдеп, суырып соғуы.* **3.** *Құстың үн шығаруы.*

**СЫЗҒЫРУ** *Сызғыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗҒЫРЫҚ** з а т . *Сызылта, ысқырта шыққан үн, дыбыс.*

**СЫЗҒЫШ** з а т . *Қағаз бетіне тура сызық түсіру үшін қолданылатын құрал.*

**СЫЗҒЫШТА=** е т. *Қайта-қайта сызғылау.*

**СЫЗҒЫШТАУ** *Сызғышта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДА=** е т. **1.** *Қақсау, сүйектің қақсап ауруы.* **2.** *Жараның аузы шықпай солқылдату.* **3.** а у ы с . *Шіреніп менменсу, паңдану, тәкаппарлану.* **4.** а у ы с . *Уайым, өкініш басу.*

**СЫЗДАН=** е т. **1.** *Әлдеқандай боп, паңдану, маңғаздану.* **2.** *Ашуын ішіне жиып, ызбарлану.*

**СЫЗДАНУ** *Сыздан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДАНЫҢҚЫРА=** е т. *Кергіңкіреу, паңданыңқырау.*

**СЫЗДАС=** е т. *Әлдеқандай болысу, паңдану.*

**СЫЗДАТ=** е т. **1.** *Ауырту, тым тоя ішкеннен іштің керілуі.* **2.** а у ы с . *Қапаландыру, қайғырту.*

**СЫЗДАТУ** *Сыздат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДАУ**[1] с ы н . *Дымқылдау, ылғалдау.*

**СЫЗДАУ**[2] *Сызда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДАУСУ** *Сыздаусы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДАУСЫ=** е т. *Сыздану, сыздаусырау.*

**СЫЗДАУСЫРА=** е т. *Сызданыңқырау, бөлсіну.*

**СЫЗДАУСЫРАУ** *Сыздаусыра етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДАУЫҚ** з а т . м е д . *Суық тию салдарынан денеге шығатын шығу; шиқан.*

**СЫЗДАУЫҚША** ү с т . *Сыздауық тәрізді, шиқанға ұқсап.*

**СЫЗДАУЫТ** з а т . *Сызды, дымқыл жер.*

**СЫЗДИ=** е т. *Сызылу, ыздию.*

**СЫЗДЫ** с ы н . **1.** *Дымқыл, ылғалды, сызы мол.* **2.** а у ы с . *Қаһарлы, зәрлі, сұсты.*

**СЫЗДЫҚ** з а т . **1.** *Жылқы малының тіс аралығындағы сызат, тістерді бір-бірінен саралап тұратын жік.* **2.** *Етіктің немесе теріден тігілген киімдер тігісінің аралығына салатын жіңішке ғана белдемше былғары.* **3.** *Дарияның, өзеннің жыра аққан жіңішке тармағы, сызат.* **4.** *Керегеге өрнек салатын құрал.* **5.** ж е р г . *Қайық тақтайының арасына, жігіне салынатын зат.*

**СЫЗДЫҚТА=** е т. **1.** *Суды, шайды ақырындап, жайлап, сызылтып ұрттау, ішу. // Әрең, ақырын.* **2.** *Судың кішкентай көзден ақырындап шығуы,*

*ағуы.* **3.** *Киімге, болмаса үй жиһаздарына өрнек ретінде кемерлеп сыздық салу.* **4.** *Болар-болмас жарық, сәуле түсу, жарықтың жылтырап қана көрінуі.*

**СЫЗДЫҚТАЛ=** ет. *Тігіс аралығына былғары салыну.*

**СЫЗДЫҚТАЛУ** *Сыздықтал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДЫҚТАН=** ет. *Ақырындау, баяулау, әрең өту.*

**СЫЗДЫҚТАНУ** *Сыздықтан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДЫҚТАТ=** ет. **1.** *Сызылтып үрттау.* **2.** *Аяқкиім былғарысының арасына белдемше салып тігу.*

**СЫЗДЫҚТАТУ** *Сыздықтат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДЫҚТАУ** *Сыздықта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДЫЛАУ** сын. *Салқындау, ылғалдау, сыздырақ.*

**СЫЗДЫР=** ет. *Сызу сызғыз.*

**СЫЗДЫРТ=** ет. **1.** *Біреуге сызу салдырту.* **2.** ауыс. *Жоқ қылу, өшірту.* **3.** ауыс. *Ат бауырын сыздыртып жүру.*

**СЫЗДЫРТУ** *Сыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗДЫРУ** *Сыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗУ**[1] зат. **1.** пед. *Сызба сызып үйренуді меңгертетін оқу пәні.* **2.** *Бір нәрсенің жоба-нобайын қағаз бетіне түсіріп, нақты көрсеткен үлгі.* **3.** тех. *Кейбір шартты белгілерді, ерекше ережемен белгілі бір масштабты сақтай отырып, белгілі бір аспаптардың көмегімен, кейде қолмен салынған сызба.* **4.** ауыс. *Оқу, жазу.*

**СЫЗУ**[2] *Сыз етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗУЛЫ** сын. *Сызбалы, сызылған.*

**СЫЗЫҚ** зат. **1.** *Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа түскен жазу, сызылған шимай.* **2.** геом. *Түзу түріндегі геометриялық фигура.* **3.** ауыс. *Бетке, маңдайға түскен әжім.* **4.** ауыс. *Тағдыр бұйрығы, жазуы.* **5.** ауыс. *Көңілдегі қайғы-қасірет, іштегі күйік.* **6.** ауыс. инф. *Экрандағы түзу сызық түріндегі геометриялық фигура немесе оны кескіндеу элементі және графиктік редакторлардағы ең қарапайым геометриялық элемент.*

**СЫЗЫҚЖОЛ** зат. инф. <ағыл. track> *Дискінің бір толық айналымында ауыстырусы бір бастиекпен оқылатын магниттік дискінің бөлігі.*

**Сызықжолды иемдену.** инф. <ағыл. track hold> *Басталған енгізу-шығару амалдарының жұмысы аяқталғанша бір жолға қайта өткізбейтін құрылғы.*

**СЫЗЫҚТА=** ет. *Сызық жүргізу, сызат салу.*

**СЫЗЫҚТАЛ=** ет. *Сызық жүргізілу, сыздықталу.*

**СЫЗЫҚТАЛУ** *Сызықтал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫҚТАН=** ет. *Түрлену, түп-түзу болу.*

**СЫЗЫҚТАНУ** *Сызықтан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫҚТАУ** *Сызықта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫҚТЫ** сын. *Сызық сызылған, сызық түскен, сызығы бар.*

**СЫЗЫҚТЫҚ** зат. *Сызыққа құрылғандық.*

**Сызықтық алгебра.** мат. *Алгебраның есептердің сандық шешімдерін математикалық бейнелеу және зерттеу үдерісіне арналған маңызды бөлімі.* **Сызықтық бағдарламалау [программалау].** мат. *Операцияны зерттеу кезінде қолданылатын математикалық әдіс.* **Сызықтық бұрыш.** геом. *Екіжақты бұрыштың жақтарынан қырына түсірілген перпендикулярлар арасындағы бұрыш.* **Сызықтық спектр.** физ. *Жеке спектрлік сызықтардан тұратын оптикалық спектрлердің бір түрі.* **Сызықтық теңдеу.** мат. *Белгісіздері (айнымалы шамалары) 1-дәрежелі болып келетін және белгісіздердің көбейтінділері қатыспайтын теңдеу.* **Сызықтық ұлғаю коэффициенті.** физ. *Денені қыздырған кездегі дененің өлшемдерінің біреуінің өзгерісінің осы өлшемнің бастапқы шамасына және температураның өзгеру аралығына қатынасы.*

**СЫЗЫҚША** зат. **1.** *Сәл ғана болар-болмас сызат, таңба; әжім.* **2.** лингв. <франц. tiret> *Есім негізді бастауыш пен баяндауыштың арасына, сілтеу есімдігінен кейін және тағы басқа мәтін мазмұнын айқындауда қойылатын, дефистен ұзын, көлбеу сынық сызық түріндегі тыныс белгісі.*

**СЫЗЫҚШАЛЫ** сын. *Айқұш-ұйқыш сызық жүргізілген, сызбаланған.*

**СЫЗЫЛ**[1]**=** ет. **1.** *Сызық салыну, сызық түсірілу.* **2.** *Белгілі бір нысан нобайының қағаз бетіне түсірілуі; белгіленуі.* **3.** *Жойылу, жоқ қылу.* **4.** ауыс. *Жазылу, жоспар жасалу.*

**СЫЗЫЛ**[2]**=** ет. **1.** *Сыпайы болып көріну, өтірік көлгірсу, инабат сақтағансу.* **2.** *Әдеп сақтау, артық қылық көрсетпеу.* **3.** *Сызбайлану, кербездену, жаймен асықпай қимылдау.* **4.** *Жайымен, баяулап ұшу (құс).* **5.** *Әннің, музыка үнінің құлаққа жағымды, баяу, сазды шығуы.*

**СЫЗЫЛДЫР=** ет. *Әдемі дауыспен әндету, ән салу.*

**СЫЗЫЛДЫРУ** *Сызылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫЛМА** сын. *Ерекше бір сарынды үнмен мәнерлі, сазды шығатын.*

**СЫЗЫЛМАЛЫ** сын. *Сазды үнмен сызылып шығатын.*

**СЫЗЫЛТ=** ет. *Ән, әуеннің баяу, сазды шығуы.* // *Жүйткітіп немесе жайлатып.*

**СЫЗЫЛТУ** *Сызылт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫЛУ** *Сызыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сызбасы салыну.* **2.** ауыс. *Әдептілік көрсету, сыпайы болып көріну.*

**СЫЗЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Қысылыңқырау, қымсыныңқырау, ұялыңқырау, сыпайы мінез көрсету.*

**СЫЗЫЛЫҢҚЫРАУ** *Сызылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫЛЫС=** ет. *Ұзатпау, әңгімені көбейтпеу.*

**СЫЗЫЛЫСУ** *Сызылыс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЗЫҢҚЫ** сын. *Сызылып тұрған, қиғаштанған, жіңішке.*

**СЫЙ** зат. **1.** *Несібе, ырыздық.* **2.** *Түрлі жағдай, себептерге байланысты берілетін сыйлық, тарту.* **3.** ауыс. *Сыбаға, үлес.* **4.** *Сыйластық, құрмет, қошемет.* **5.** ауыс. *ақсы мінез, жақсы қылық.* **6.** ауыс. *Жақсылық, жайлылық.* **7.** ауыс. *Көмек, жәрдем.*

**Сыйға алды.** *Тарту ретінде ие болды.* **Сыйға – сый [сыраға – бал].** *Жақсылыққа жақсылық, сыйластықтың да өзіне лайық қайтарымы бар, құрметке құрмет деген мағынада.* **Сыйға [сый орнына] тартты.** *Сыйлап берді, сыйлық ретінде тарту етті.* **Сыйға тарту.** құқық. *Бір тұлғаның өзіне тиесілі мүліктік құндылықтарды екінші бір тұлғаның меншігіне қайтарусыз беруі.* **Сый етті [қылды].** *Тарту етті, сыйлады.* **Сый көрді.** а) *Сый ретінде қабылдады.* ә) *Зор қошеметке ие болды.* **Сый көрсетті.** *Қошеметтеді, сыйлады.* **Сый қонақ.** *Қадірлі, құрметті мейман.* **Сыйы өткендік.** *Беделі артушылық, қадірі асқандық.*

**СЫЙ=** ет. **1.** *Киімнің денеге шақ болуы, тар болмауы.* **2.** ауыс. *Белгілі бір жерден орын табылу, орын жетісу.* **3.** ауыс. *Орыны болу, басы артық болмау, жетісу.* **4.** ауыс. *Біреуге ұнау, жағу, сіңу, тіл табысып тұра алу.* **5.** ауыс. *Айтуға тұру, жеткілікті болу.*

**СЫЙАҚЫ** зат. **1.** қоғ.-әлеум. *Қызметкерлер мен жұмысшыларға даталы күндерге байланысты берілетін қосымша, үстеме ақы.* **2.** экон. *Алынған несие, лизингіге алынған мүлік үшін төлемақы, алынған депозиттер бойынша және борышқорлық бағалы қағаздар бойынша төлемақы.*

**СЫЙАҚЫЛА=** ет. *Сыйақы беру.*

**СЫЙАҚЫЛАУ** *Сыйақыла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙАЯҚ** зат. этн. *Құрмет ретінде ұсынылған үстеме (көбіне сүйық) тағам.*

**СЫЙҒАҚ** зат. көне. *Сый, сыйлық.*

**СЫЙҒАНСУ** *Сыйғансы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙҒАНСЫ=** ет. *Сыйғандай болу, жайғасқансу.*

**СЫЙҒЫЗ=** ет. **1.** *Орналастыру, кіргізу, жайғастыру.* **2.** ауыс. *Бірге, бір үйде тұру, кеңдік көрсету.* **3.** ауыс. *Бәрін қамту, ойластыру, қалдырмау.*

**СЫЙҒЫЗУ** *Сыйғыз етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙҒЫЗЫЛ=** ет. **1.** *Орналастырылу, сыйымды ету.* **2.** ауыс. *Қамтылу, бар болу.*

**СЫЙҒЫЗЫЛУ** *Сыйғызыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙДА**[1] зат. малшар. *Малазықтың шөп.*

**СЫЙДА**[2] зат. жерг. *Ағаш тебен.*

**СЫЙДЫР=** ет. **1.** *Сыйғызу, бәріне орынды жеткілікті ету.* **2.** ауыс. *Ойын түгел жеткізу, толық қамту.*

**СЫЙДЫРУ** *Сыйдыр етістігінің қимыл атауы; толық қамту.*

**СЫЙДЫРЫЛ=** ет. *Қамтылу, толық берілу.*

**СЫЙ-ҚОШЕМЕТ** зат. *Шын жүректен, ақниетпен көрсетілген қошемет, сый.*

**СЫЙ-ҚҰРМЕТ** зат. **1.** *Қошемет, зор құрмет.* **2.** *Сый-сияпат, тарту-таралғы.*

**Сый-құрметке ие.** *Ортасында қадірлі.*

**СЫЙЛА=** ет. **1.** этн. *Жасы үлкен адамды қадірлеу, алдынан кесе өтпеу.* **2.** *Ата-анаға қызмет ету, ақ сүтін ақтау, бағу.* **3.** *Қадірін білу, құрмет көрсету.* **4.** *Күту, асты-үстіне түсіп қарау.* **5.** *Сыйлы қонақты күту.* **6.** *Бағалау, қадірін, бағасын білу.* **7.** *Құрметтеу, қошемет көрсету.* **8.** *Сыйға тарту, сыйлыққа беру.* **9.** *Бұйырту, несібе ету.* **10.** *Көрсету, бастан кешіру, беру.* **11.** *Әдеп сақтау, сызылу, үндемеу, артық қылық көрсетпеу.* **12.** *Аямау, аста-төк қылу.* **13.** жағымсыз. *Жылпылдау, сыйлағансу.*

**Сыйлап шақырды.** сөйл. *Арнайы, қонақ етті.*

**СЫЙЛАҒАНДЫҚ** зат. *Қадір тұтып құрметтегендік, қастерлеушілік.*

**СЫЙЛАҒЫШ** сын. *Жасы үлкен адамды құрметтегіш, қадір тұтқыш, қастерлегіш.*

**СЫЙЛАҒЫШТЫҚ** зат. *Сыйлай білушілік, құрметтегіштік.*

**СЫЙЛАЙ-СЫЙЛАЙ** үст. *Құрметтей -құрметтей, қастерлей, қадірлей-қадірлей.*

**СЫЙЛАМПАЗДЫҚ** сын. *Біреуді құрметтеуге, сыйлауға бейімдік, ептілік.*

**СЫЙЛАН=** ет. **1.** *Сый-құрметке бөлену, қошеметке кенелу.* **2.** *Сыйлыққа, сыйға берілу, тарту етілу.* **3.** жерг. *Марапатталу.*

**СЫЙЛАНУ** *Сыйлан етістігінің қимыл атауы; тарту етілу.*

**СЫЙЛАС** сын. *Бір-біріне сый-құрмет көрсететін қадірлес, қошеметтес.*

**СЫЙЛАС=** ет. **1.** *Сіз-біз десу, бірін-бірі қошеметтеу.* **2.** *Араласу, сыйластық қарым-қатынаста болу.* **3.** *Сыйлыққа, мал-мүлік, тарту-таралғы беру.* **4.** *Бір-бірінің қадірін білу, бағаласу.*

**СЫЙЛАСАРЛЫҚ** сын. *Сыйласуға жарарлық, тұрарлық.*

**СЫЙЛАС-ҚИМАС** сын. *Жақын, жақсы араласатын.*

**СЫЙЛАСТЫ** сын. *Сый-құрмет көрсететін, қадірменді.*

**СЫЙЛАСТЫҚ** зат. *Сый-құрметке, қадір-қасиетке целік, татулық, достастық.*

**СЫЙЛАСУ** *Сыйлас етістігінің қимыл атауы; сыйластық қарым-қатынаста болу.*

**СЫЙЛАСУШЫЛЫҚ** зат. *Өзара қадір тұтушылық, қошемет көрсетушілік.*

**СЫЙЛАСЫМДЫ** сын. *Үйлесімді, жарасымды.*

**СЫЙЛАСЫМДЫЛЫҚ** зат. *Татулық, сыйласымдық, құрметтеушілік.*

**СЫЙЛАТ=** ет. *Сый-құрмет көру, сый-қошемет көрсеткізу.*

**СЫЙЛАТҚЫЗ=** ет. *Өзін сыйлата білу.*

**СЫЙЛАТҚЫЗУ** *Сыйлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙЛАТТЫР=** ет. *Өзін сыйлата білу, құрметтеткізу.*

**СЫЙЛАТТЫРУ** *Сыйлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙЛАТУ** *Сыйлат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙЛАУ** *Сыйла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрметтеу, қошемет көрсету.* **2.** ауыс. *Құлақ асу, мән беру.*

**СЫЙЛЫ** сын. **1.** *Құртетті, қадірлі.* **2.** *Қастерлі, қымбат.*

**СЫЙЛЫҚ** зат. **1.** *Сыйға берілетін зат, тарту-таралғы.* **2.** *Жарыста озғандарға берілетін жүлде, сый, бәйге.*

**Сыйлық ақша.** *Жалақы, айлықтан тыс, арнайы даталы күндерге қарсы қызметкерлер мен жұмысшыларға берілетін ақша.* **Сыйлыққа тартты.** а) *Сый ретінде берді.* ә) *Белгілі бір шаруаны орындағаны үшін заттай, яки ақшалай ақы, сый жасады.*

**СЫЙЛЫҚАҚЫ** зат. сөйл. ***Сыйақы.***

**СЫЙЛЫҚКЕР** зат. жерг. *Сыйлық иесі.*

**СЫЙСАРЫ** зат. көне. *Батпанның үштен бірін білдіретін* х а л ы қ т ы қ *өлшем аты.*

**СЫЙ-САУҚАТ** зат. *Қадір тұту, құрмет көрсету, сый ретінде берілетін тарту-таралғы.*

**СЫЙ-СИПАТ** зат. *Сыйлық, тарту-таралғы.*

**СЫЙ-СЫБАҒА** зат. *Әркімнің үлесіне тиетін тарту-таралғы.*

**СЫЙСЫЗ** сын. *Көп алдында беделі жоқ, қадірсіз.*

**СЫЙ-СЫЯПАТ** зат. **1.** *Қадір тұтқан сыйлы адамға берілетін тарту-таралғы.* **2.** *Біреуге көрсетілген құрмет, зор қошемет.*

**Сый-сыяпат көрді.** *Зор қошемет, құрметке ие болды.* **Сый-сыяпат көрсетті.** *Аса жоғары қадірлеп, қошемет жасады, құрметтеді, сыйлады.*

**СЫЙТ** зат. этн. *Сый, сый-сыяпат.*

**СЫЙТАБАҚ** зат. этн. *Құдаларға бас тартып болған соң, асық жілік немесе жамбас салып қосымша табақ апарғанда құдалар жағынан берілетін кәде.*

**СЫЙШЫЛ** сын. *Қолы ашық, біреуге сыйлық бергісі келіп тұратын.*

**СЫЙШЫЛДЫҚ** зат. *Сый-сыяпат, тарту-таралғы беруге бейімділік, құштарлық; қонақжайлылық.*

**СЫЙЫМ** зат. *Бір нәрсенің аса көп орналасуы, көп сыюы; сыйымдылық.*

**СЫЙЫМДЫ** сын. **1.** *Ішіне көп нәрсе сыятын, бүйірлі.* **2.** ауыс. *Белгілі бір ортада я қызмет орнында жағымды, сыйлы, беделді.* **3.** ауыс. *Жарасымды, орынды, лайықты.*

**СЫЙЫМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір бұйымдар мен заттарға арналған қоймалардың, ыдыстардың ауқымы, кеңдігі, сыйғыза алушылығы.* **2.** кен. *Шанаптар, шандар, зумпфтар және т.б. түріндегі ыдыс-жабдықтар.* **3.** *Электрөткізгіштің немесе өткізгіштер жүйесінің электр зарядтарын жинау және ұстап тұру қабілетін сипаттайтын физикалық шама.* **4.** инф. *Компьютер жадына, сақтау құрылғыларына жазуға болатын мәліметтердің ең көп мөлшері (өлшем бірліктері: бит, байт, сөз немесе таңба).* **5.** саяси. *Мүмкіншілік, ауқым.*

**СЫЙЫМДЫЛЫҚӨЛШЕГІШ** зат. техн. *Конденсаторлардың, шалаөткізгіш аспаптардың, кабельдердің электр сыйымдылығын өлшеуге арналған құрылғы.*

**СЫЙЫМСЫЗ** сын. **1.** *Ортаға сыйлы емес, тіл табыса алмайтын.* **2.** *Оғаш, ұнамсыз, келіссіз.* **3.** ауыс. *Есепсіз, қисапсыз, мөлшерсіз.*

**СЫЙЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Жүрген жеріне, өскен ортасына қадір-қасиеті жоқтық; сыймаушылық.*

**СЫЙЫН=** ет. **1.** *Құдайға сену, Құдайға құлшылық ету.* **2.** ауыс. *Біреуге Құдайдай сену, пір тұту.*

**СЫЙЫНУШЫ** зат. **1.** *Құдайға табынушы, сенуші.* **2.** ауыс. *Біреуге Құдайдай сеніп, пір тұтушы.*

**СЫЙЫР-СЫБЫР** зат. жерг. *Сиыр-мыыр.*

**СЫЙЫС=** ет. **1.** *Белгілі бір аяға я жерге (орынға) ысырыла жайғасу, орналасу.* **2.** ауыс. *Тіл табысу, өзара келісу, шығысу.*

**Сыйыса алмады.** *Ортақ тіл тауып келісе алмады, шығыспады, бір пәтуаға келе алмады.*

**СЫЙЫСТЫР=** ет. *Орналастыру, орынды жеткілікті ету.*

**СЫЙЫСТЫРУ** *Сыйыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЙЫСТЫРУШЫ** сын. геол. *Құрастырушы (таужыныс).*

**СЫЙЫСУ** *Сыйыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тіл табысу, келісу.* **2.** лингв. *Жай сөйлемдердің ыңғайлас мағыналы болуы, құрмаласуы.*

**СЫЙЫТ** зат. этн. *Құдалық салтында кездеме, қойтұяқ, табақ т.б. тәрізді қолға ұстатар сыйлықтың түрі.*

**СЫҚ=** ет. **1.** *Сулы затты я жуылған кірді қысып, бұрап, суын кетіру.* **2.** *Күш қолдану, қысу, сығымдау, бұру.*

**СЫҚА=** ет. *Нығыздап, лықа толтыру.*

**Сықай тойды.** *Аузы-мұрнынан шыққанша жеді.*

**СЫҚАҚ** зат. **1.** *Әзіл-оспақ; яки кемсіту ретінде айтылатын әжуа, тәлкек; өткір мысқыл.* **2.** әдеб. *Көркем әдебиет пен журналистикадағы уытты, ащы мысқылмен жазылатын жанр.*

**Сықақ ертегілер.** фольк. *Қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды әшкерелеп отыратын, аты аңызға айналған танымал кейіпкерлері бар ертегі жанрының бір түрі.* **Сықақ қылды.** *Мазақ етті, тәлкек етті.*

**СЫҚАҚ-ӘЗІЛ** зат. *Жағымсыз іс-әрекет мінезді мінеген қалжың, күлкі, келеке, мазақ.*

**СЫҚАҚҚОЙ** сын. *Қуақы тілді, қалжыңшыл, әзілқой, мысқылшыл.*

**СЫҚАҚТА=** ет. *Әзіл-сықақпен әжуалау, мазақтау, кем-кетікті көрсетіп келекелеу, мысқылдау.*

**СЫҚАҚТАЛ=** ет. *Мінелу, ажуалау.*

**СЫҚАҚТАЛУ** *Сықақтал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚАҚТАУ** *Сықақта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚАҚШЫ** зат. *Біреуді әжуалап, келемеждеуге шебер, мысқылшыл адам.*

**СЫҚАҚШЫЛ** сын. *Біреуді сынап-мінеуге, келеке етуге бейім, ажуашыл, мысқылшыл.*

**СЫҚАҚШЫЛДЫҚ** зат. *Біреуді сынап, мінеуге шеберлік, әжуашылдық, әзілкештік, сықаққойлық.*

**СЫҚАЛ=** ет. *Толтырылу, аузы-мұрнынан шығарылу.*

**СЫҚАЛУ** *Сықал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚАС=** ет. *Қалың нөпір боп сығылысу, иін тіресу, тығыз орналасу.*

**СЫҚАСТЫР=** ет. *Толтыру, көп салу, орналастыру.*

**СЫҚАУЛЫ** сын. *Нығыздаулы, лық толы.*

**СЫҚАУЫРЫН** зат. көне. *Тезге салған ағашты қатты қысып, басып тұрып түзейтін, не бүгетін ағаш құрал.*

**СЫҚАЯҚ** сын. жағымсыз. *Алаяқ.*

**СЫҚИ=** ет. **1.** *Ыдыстың лықа толуы, шамадан аса толтырылу.* **2.** *Сылқию, тою, кекірік ату.* **3.** ауыс. *Мұнтаздай болып, ыздиып киіну.*

**СЫҚИТ=** ет. *Асыра толтыру, лықа толтыру.*

**СЫҚҚЫШТА=** ет. *Қайта-қайта сығу.*

**СЫҚЛА=** ет. ескікіт. *Жоқтау, қайғыру.*

**СЫҚПА** зат. этн. *Уысқа салып, сығымдап істеген құрт.*

**Сықпа құрт.** этн. *Қайнатқан айран, сүзбеден немесе қатықтан сығымдап жасалған, кепкен құрт.* **Сықпа сақар.** этн. *Қолмен сығып, сығымдап жасалған қара сабынның бір түрі.*

**СЫҚПАҚТА=** ет. жерг. *Айтар сөзді нәрлеу, әсерлеу, ретсіз көбейту.*

**СЫҚПАҚТАУ** *Сықпақта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚПАЛА=** ет. **1.** *Уысқа салып сығымдау.* **2.** *Қайта-қайта сығу.*

**СЫҚПАЛАН=** ет. *Пышырлану, бүршік-бүршік болу.*

**СЫҚПАЛАУ** зат. қолөнер. *Сықпала етістігінің қимыл атауы; қыш ыдыстардың ернеуін екі саусақпен қысу арқылы ширатылған жіпке ұқсас етіп бедерлеу.*

**СЫҚПАЛЫ**[1] сын. *Тығыз, қауырт, үдгел.*

**СЫҚПАЛЫ**[2]**: сықпалы жуу құралдары.** *Кір жуатын сабын, ақұнтақ т.б. сияқты заттар.*

**СЫҚПАМАЙ** зат. *Құтыдағы бетке, қолға жағатын май.*

**СЫҚПАН** зат. жерг. тамақ. *Қамырды үзіп-үзіп, қайнаған суға салып жасаған сорпа.*

**СЫҚПАР** сын. жерг. *Пейілі тар, сараң.*

**СЫҚПАРЛА=** ет. *Тығыздау, сықпалау; жұмарлау.*

**СЫҚПЫРТ=** ет. **1.** *Түгін қалдырмай жер-жебіріне жете ұрсу, сөгу, боқтау.* **2.** *Өтірікті судай сапыру.* **3.** *Зуылдату, бастырмалатып аузы-аузына жұқпай сөйлеу.*

**СЫҚПЫРТУ** *Сықпырт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚПЫТ** зат. қорашсын. у. **1.** *Бет-әлпет, кейіп-кескін.* **2.** *Бір нәрсенің кейпі, түрі, ұсқыны.*

**СЫҚСИ=** ет. **1.** *Көзді сәл ғана жұмыңқырап қарау, сығыраю.* **2.** *Жарықтың сәл ғана жылтиып көрінуі, бітию.* **3.** *Шамның әрең жануы.*

**СЫҚСИМА**[1] зат. жерг. *Шілтерсіз шам.*

**СЫҚСИМА**[2] сын. *Болар-болмас қана боп сығырайған, жылтиған, бітиген.*

**Сықсима шам.** *Жарығы әлсіз соқыр шам.*

**СЫҚСИТ=** ет. **1.** *Көзін сығырайтып қарау.* **2.** *Шамның жарығын басу.*

**СЫҚСИТУ** *Сықсит етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚСИЮ** *Сықси етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚ-СЫҚ** елік. *Сыңғырлаған күлкіні білдіретін бейнелеуіш сөз.*

**Сық-сық күлді.** *Сыңғырлап күлді.*

**СЫҚСЫНДА=** ет. жақтырмау. *Дауысын қатты шығармай, білдірмегенсіп жылау, жылаған кейіп таныту.*

**СЫҚСЫРАЙ=** ет. жағымсыз. *Сығыраю.*

**СЫҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Нығыздау, нығарлау, іспектеу.* **2.** ауыс. жерг. *Зорлау, қысу.*

**СЫҚТА**[2]**=** ет. *Егіле жылау, қайғыру, уайымдау.*

**СЫҚТАС=** ет. *Жыласу, қайғырысу.*

**СЫҚТАТ=** ет. *Жылату, егілту.*

**СЫҚТАТУ** *Сықтат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚТАУ** *Сықта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚТЫР=** ет. *Басын қарату, шашты биттен тазалату.*

**СЫҚТЫРУ** *Сықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚЫ=** ет. сөйл. ***Сықа.***

**СЫҚЫЛ** зат. сөйл. ***Сықылық.***

**СЫҚЫЛ=** ет. *Сығылысу, топырлау.*

**СЫҚЫЛДА=** ет. сөйл. **1.** ***Сықылықта.*** **2.** *Сылқылдау, кербездену (жастық кезеңге тән қимыл-әрекет).*

**СЫҚЫЛДАН=** ет. *Бір нәрсеге ұқсау, сол тәріздену, секілдену, сияқтану.*

**СЫҚЫЛДАНДЫР=** ет. *Ұқсаттыру, тәріздендіру.*

**СЫҚЫЛДАС=** ет. *Сықылдасу, сылқ-сылқ етісіп күлісу.*

**СЫҚЫЛДЫ** шыл. *Секілді, тәрізді, сияқты, іспетті.* // *Ұқсас, теңдес жан, нәрсе.*

**СЫҚЫЛЫҚ** зат. *Сықылықтаған күлкі.*

**СЫҚЫЛЫҚТА=** ет. *Бір нәрсеге мәз болып, сылқ-сылқ күлу.*

**СЫҚЫЛЫҚТАС=** ет. *Мәз болысу, сық-сық күлісу.*

**СЫҚЫЛЫҚТАУ** *Сықылықта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҚЫР**[1] зат. *Ағаш есікті ашқанда, еденді, қарды басқанда шығатын дыбыс.*

**СЫҚЫР**[2] елік. *Кенеттен, күтпеген жерден шыққан тысырлаған, тырс еткен қысқа дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз.*

**СЫҚЫР-СЫҚЫР** елік. *Тырс-тырс еткен, қайта-қайта сықырлаған дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз.*

**СЫҚЫРЛА=** ет. **1.** *Сықыр-сықыр ету, шықырлау, шиқылдау.* **2.** *Сырқырау, қақсау.* **3.** *Шақырлау, сақылдау (аяз).* **3.** *Жаңа, ағаштан жасалған.* **4.** сөйл. *Шыртылдаған, толған, көп.*

**СЫҚЫРЛАҚ** сын. сөйл. *Сықырлауық, сықырлаған.*

**СЫҚЫРЛАТ=** ет. *Сықыр-сықыр еткізу, шықырлату.*

**СЫҚЫРЛАУЫҚ**[1] зат. этн. *Киіз үйдің ши есігінің ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасалған, жарма ағаш есік.*

**СЫҚЫРЛАУЫҚ**[2] сын. **1.** *Сықыр-сықыр ететін, ескі, көнерген.* **2.** *Құрым, таза теріден жасалған.*

**СЫҚЫРСЫЗ** үст. *Сықырлатпай, дыбыс шығармай, шиқылдатпай, үнсіз.*

**СЫЛА**[1] зат. кәс. *Бекіре, сазан, шортан тәрізді ірі ақ балықтың бір түрі.*

**СЫЛА**[2] сын. **1.** *Бойшаң келген, тік, сымбатты.* **2.** *Жұмыр, шымыр, тығыршық.*

**СЫЛА**[1]**=** ет. **1.** *Үйдің, қораның, сарайдың т.б. қабырғаларына балшық, лай соғу, сылақ жүргізу.* **2.** *Қолмен сипау, жағу, уқалау.* **3.** ауыс. *Сылап-сипау, күту, баптау.*

**СЫЛА**[2]**=** ет. *Әдемілеу, түзулеу.*

**СЫЛАҒЫШ** зат. *Үйді әктегенде, бояғанда, яки басқа заттарды сырлағанда пайдаланылатын құрал.*

**СЫЛАЙ** зат. көне. *Сыңай, түр.*

**СЫЛАҚ** зат. **1.** *Топырақ пен құмды суға араластырып жасаған, үй сылайтын балшық.* **2.** *Сылау, балшық жағу жұмыстары.*

**СЫЛАҚТА**[1]**=** ет. *Сылақ жүргізу.*

**СЫЛАҚТА**[2]**=** ет. *Сыланңдау, бұлғаңдау, бояну, өзін-өзі күту.*

**СЫЛАҚТАУ** *Сылақта етістігінің қимыл атауы; сылақ жүргізу.*

**СЫЛАҚШЫ** зат. құр. *Сылақ жұмысын жүргізуші маман жұмысшы.*

**СЫЛАҚШЫЛЫҚ** зат. құр. *Сылақшы кәсібін меңгерушілік, сылақшы мамандығы.*

**СЫЛАЛАН=** ет. *Арықтау, ашаңдану.*

**СЫЛАЛАУ** сын. *Арығырақ, ашаңдау, етсіздеу.*

**СЫЛАМА**[1] зат. көне. *Өте сәнді, әдемі тігілген баскиім.*

**Сылама көмбе.** этн. *Малдың терісін сыпырмай, тек бауырынан іреп, терінің жүн жағын қоймалжың батпақпен сылап, алдын ала қыздырған ұраға салып, үстінен от жағып пісірген тағам.*

**СЫЛАМА**[2]**: сылама үй.** *Сыланған үй.*

**СЫЛАМАЙ** зат. *Бетке, қолға, денеге жағуға арналған май, крем.*

**СЫЛАН** зат. жерг. *Кішкене арал, құрғақ жер.*

**СЫЛАН**[1]**=** ет. **1.** *Сылақ жағылу, балшықталу.* **2.** *Шылану.* **3.** ауыс. *Сыламай жағыну.*

**СЫЛАН**[2]**=** ет. *Бой түзеп әдеміленіп-сәндену, сұлулану, тарану.*

**СЫЛАНДЫР=** ет. *Баптау, бой түзеттіру.*

**СЫЛАНДЫРУ** *Сыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛАНТ=** ет. *Бойын түзету, әдемі болып жүруіне мүмкіндік жасату.*

**СЫЛАНТУ** *Сылант етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛАНУ** *Сылан етістігінің қимыл атауы; сәндену, сұлулану.*

**СЫЛАНЫП-СИПАН=** ет. *Үсті-басын әдемілеу, тарану, қарану, сәндену.*

**СЫЛАНЫП-СЫРЛАН=** ет. *Үй, мекеменің ақталып, сырлануы.*

**СЫЛАҢ** сын. **1.** *Кербез, керім, сәнқой.* **2.** *Әдемі, әсем.*

**Сылаң етті.** *Бұлаң етті, сымпың етті.* **Сылаң қақты.** а) *Сыланңдады, жайнады, сұлуланды.* ә) *Мөлдіреп, сылдырап ақты.*

**СЫЛАҢГЕР** сын. *Сәнқой, кербез.*

**СЫЛАҢДА=** ет. *Кербезденү, сәндену, бұраңдау, сылаң-сылаң ету.*

**СЫЛАҢДАН=** ет. *Бұраңдау, еркелеу.*

**СЫЛАҢДАНУ** *Сылаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛАҢДАТ=** ет. **1.** *Аттың баппен әдемі жүруі.* **2.** *Сәнденту, бұраңдату.*

**СЫЛАҢ-СЫЛАҢ: сылаң-сылаң етті.** *Сылаңдады, бұлаңдады, бұралды.*

**СЫЛАП-СИПА=** ет. **1.** *Дененің ауырған жерін қолмен, алақанмен сипау, сылау.* **2.** *Сипағыштау, ұстау.* **3.** *Құсты, атты баптау, қарағыштау.* **4.** ауыс. *Үсті-басын, киімін әдемілеу, сәндеу.* **5.** ауыс. *Жым-жылас қылу, түк қалдырмай сыпырып-сиыру.* **6.** ауыс. *Жуып-шайып, алдап-сулау, бипаздау. // Көп батырмай, ақырындап.* **7.** ауыс. *Қадірлеу, құрметтеу, күту, мәпелеу.*

**СЫЛАП-СИПАТ=** ет. *Біреуге денесін сипату, сылату.*

**СЫЛАП-СИПАТУ** *Сылап-сипат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛАП-СИПАУ** *Сылап-сипа етістігінің қимыл атауы; алақанмен сылау, уқалау.*

**СЫЛАС=** ет. *Сылақ жүргізісу.*

**СЫЛАСУ** *Сылас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛАСЫ** зат. жерг. *Бір нәрсенің реті, жөні, қисыны.*

**СЫЛАТ**[1]**=** ет. *Сылақ жасату.*

**СЫЛАТУ** *Сылат етістігінің қимыл атауы; сылақ жасату.*

**СЫЛАУ**[1] зат. мед. <франц. massage> *Сары буын мен бел ауруын т.б. ауруларды сипалап, уқалап емдеу әдісі, былау.*

**СЫЛАУ**[2] *Сыла етістігінің қимыл атауы; сылақ жүргізу.*

**СЫЛАУЛЫ** сын. *Сыланған, сылақ жүргізілген.*

**СЫЛАУМӘЛІК** зат. көне. *Түйе малында кездесетін ауру.*

**СЫЛАУШЫ** зат. *Сылақшы, үй сылайтын жұмысшы.*

**СЫЛБУ** *Сылбы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛБЫ=** ет. *Өте баяу, тым жай жүру, ыбылжып, ілбіп басу.*

**СЫЛБЫР** зат. өс. *Шөптесін өсімдіктердің бір түрі.*

**СЫЛБЫР**[1] сын. **1.** *Бос, былжыр, болбыр. // Бос, былжыр адам.* **2.** *Баяу, жай, ақырын.*

**Сылбыр аяң.** *Жай, баяу жүріс.*

**СЫЛБЫРА=** ет. **1.** *Болбырап-солбырау, болжырау, ыбылжу.* **2.** *Үзбей бірқалыппен, толастамай сіркіреп жауу (жаңбыр).*

**СЫЛБЫРАҢ** сын. жерг. *Жауын-шашын әсерінен болатын лайсаң, былбырақ.*

**СЫЛБЫРАУ** *Сылбыра етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛБЫРЛАН=** ет. *Сылбыр тарту, ыбылжу.*

**СЫЛБЫРЛАНУ** *Сылбырлан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛБЫРЛАУ** сын. **1.** *Бостау, босаңдау, енжарлау.* **2.** *Баяу, ақырындау.*

**СЫЛБЫРЛЫҚ** зат. *Белгілі бір жұмысты орындауға қатысты босаңдық, енжарлық, жайбасарлық, жайбарақаттық.*

**Сылбырлық көрсетті.** *Енжарлық танытты, баяу қимылдады.*

**СЫЛДЫР**[1] еліk. **1.** *Шолпы, сырға сияқты т.б. заттардың қағылып-соғылуы нәтижесінде шығатын дыбысты білдіретін сөз. // Судың сылдырлап ағуынан шығатын дыбыс. // Телефон, қоңырау дауысының шылдыры. // Өсімдік жапырақтарының жел қаққандағы сыбдыры.*

**Сылдыр қақты.** а) *Бұлақ сылдыр-сылдыр етіп ақты.* ә) *Шолпы, сырға т.б. заттар сылдырады, сылдыр-сылдыр етті.* б) *Сусылдады, сыпылдады.*

**СЫЛДЫР**[2] сын. **1.** *Сөзінде тиянақ, пәтуа жоқ, судыр, бос сөзді.* **2.** *Селқос, енжар.* **3.** *Суы көп, маңызы жоқ, сұйық, майсыз (тамақ).*

**Сылдыр бақай.** *Пәтуасыз, тұрақсыз (адам).* **Сылдыр көмей, жез таңдай.** *Сөзге жүйрік, шешен.* **Сылдыр сөз.** *Мәнсіз, бос, сұйық сөз.* **Сылдыр су.** *Ішінде іліп алар дәнеңесі жоқ сұйық, қатығы жоқ тамақ.*

**СЫЛДЫРА=** ет. **1.** *Сыбдыр-сыбдыр ету, суылдау (жапырақ, қамыс, шөп т. б.).* **2.** *Бұлақтың, арықтың сылдырлап ағуы.* **3.** *Шолпы, сырға сияқты т.б. заттардың сылдыр қағуы.* **4.** *Қоңыраудың соғылуы, шылдыр етуі.* **5.** ауыс. *Ішімдік ішілу, стақандардың қағысуы. // Бос, бекер.*

**СЫЛДЫРАҚ** сын. жағымсыз. *Бос, құр сылдыр, өтірік.*

**СЫЛДЫРАС=** ет. *Сылдырлаған көп дыбыстың шығуы, сылдыр-сылдыр етісу.*

**СЫЛДЫРАТ=** ет. **1.** *Сыбдыр-сыбдыр еткізу.* **2.** *Сылдыр-сылдыр, шылдыр-шылдыр еткізу.* **3.** *Соғыстыру, қағыстыру.* **4.** *Шырқату.*

**СЫЛДЫРАУ** *Сылдыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сылдырлау, соғылысу.* **2.** *Судың сылдырлап ағуы.*

**СЫЛДЫРЛА=** ет. **1.** *Шолпы, сырға сияқты заттардың сылдыр-сылдыр етуі, сыңғырлауы.* **2.** *Бұлақтың сылдыр-сылдыр етіп ағуы.* **3.** *Жапырақ, қамыс, шөп т.б. сыбдырлауы.*

**СЫЛДЫРЛАС=** ет. *Сыбырласу, сыбырсыбыр етісу.*

**СЫЛДЫРЛАТ=** ет. *Шолпы, сырға т.б. заттардың сылдыр-сылдыр етуі.*

**СЫЛДЫРЛАТУ** *Сылдырлат етістігінің қимыл атауы; жапырақ, қамыс, шөп т.б. сыбдырсыбдыр еткізу.*

**СЫЛДЫРЛАУ**[1] сын. *Онша қою емес; сұйықтау, нәрсіздеу.*

**СЫЛДЫРЛАУ**[2] *Сылдырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛДЫРЛЫ** сын. **1.** *Сылдыр-сылдыр еткен.* **2.** *Сылдыры бар; жағымды.*

**СЫЛДЫРМАҚ**[1] зат. **1.** *Сылдырлаған, сыңғырлаған дыбыс, үн шығару үшін (қоңырау, даңғара, асатаяқ, шолпы т.б.) заттарға тағылған сылдырауық, сылдырақ.* **2.** *Сілкігенде, әрі-бері қозғап шайқағанда сылдырлайтын балалар ойыншығы.*

**СЫЛДЫРМАҚ**[2] зат. **1.** өс. <лат. rhinanthus> *Сабынкөктер тұқымдасына жататын бір жылдық жартылай паразитті өсімдік.* **2.** бот. *Ішінде ұрығы болатын өсімдік қауашағы.*

**СЫЛДЫРМАҚАЙ** зат. *Сылдырмақ ойыншық.*

**СЫЛДЫРМАҚСЫЗ** сын. *Сылдырмағы жоқ.*

**СЫЛДЫРМАҚТАЙ** сын. *Сылдырмақ секілді, сылдырмақ тәрізді.*

**СЫЛДЫРМАҚТЫ** сын. *Сылдырмағы бар.*

**СЫЛДЫР-СУАЙТ** сын. *Бос сөзді, өтірікші, алдамшы.*

**СЫЛДЫРСЫЗ** сын. *Тыныш, баяу.*

**СЫЛДЫР-СЫЛДЫР** еліk. *Шолпы, сырға, тиын сияқты нәрселердің бір-біріне тиіп, қозғалуынан шығатын дыбысты білдіретін сөз. // Бұлақтың сылдырлап ағуын бейнелейтін сөз.*

**Сылдыр-сылдыр етті.** *Қайта-қайта сылдырлады, сыбдыр-сыбдыр етті.*

**СЫЛДЫРШӨП** зат. өс. <лат. silene> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**СЫЛҚ** еліk. **1.** *Сылқылдаған қысқа дыбысты білдіретін сөз.* **2.** *Құрт, кілт тыйылғанда жасалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Сылқ етті.** а) *Бірден төмен түсті, салбырап қалды.* ә) *Әлсірегендіктен гүрс етті, талып қалды.* **Сылқ [құлап] түсті.** а) *Сылқ етіп құлады.* ә) *Үнжырғасы түсіп, сұлқ басылды.*

**СЫЛҚИ=** ет. **1.** *Күш-қуат, әлден айырылу, әлі кету, әлсіреу.* **2.** ауыс. *Ішімдікті көп ішу.*

**Сылқия тойды [ішті].** *Асты, ішімдікті мөлшерден көп ішті.*

**СЫЛҚИТ=** ет. **1.** *Боқтау, жер-жебіріне жету, сілейте соғу.* **2.** *Сөзбен жеңу, дес бермеу.* **3.** *Бар пәрменімен тартып жіберу.* **4.** *Тоя ішу, әбден жеу.*

**СЫЛҚИТУ** *Сылқит етістігінің қимыл атауы; сөзбен жеңу, ұпайын жібермеу.*

**СЫЛҚИЮ** *Сылқи етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛҚ-СЫЛҚ** еліk. *Күлкіге үқсас қайта-қайта сылқылдаған дыбысты білдіретін сөз.*

**Сылқ-сылқ етті.** *Сылқылдап күлді.* **Сылқ-сылқ жұтты.** *Қылқ-қылқ, құлқ-құлқ еткізе ішті, сімірді.* **Сылқ-сылқ күлді.** *Сылқылдап күлді, рақаттана мәз болды.*

**СЫЛҚЫЛ** зат. *Сылдырлап, сыңқылдап, сыңғырлап шыққан дыбыс, үн.*

**СЫЛҚЫЛДА**[1]**=** ет. **1.** *Бұлшық еттің босауы.* **2.** *Қағылған шегенің, бөлшектің т.б. босауы, былқылдауы.* **3.** ауыс. *Шылқу, шылқылдау.* **4.** ауыс. *Бұлаңдау, еркелеу, еркетотайлану.* **5.** ауыс. *Сылаңдау, сылаң қағу.*

**СЫЛҚЫЛДА**[2]= е т. **1.** *Судың сылдырлап, сыңғырлап ағуы.* **2.** а у ы с . *Әзілдесіп рақаттана күлу, сылқ-сылқ ету, мәз болу.*

**Сылқылдай [сылқылдап] күлді.** *Сылқ-сылқ күлді, рақаттана мәз болды.*

**СЫЛҚЫЛДАҚ** с ы н . **1.** *Сылқ-сылқ еткен, сыңғырлаған.* **2.** *Былжырақ, шылқылдақ.*

**СЫЛҚЫЛДАС=** е т. *Күлісу, мәз болысу.*

**СЫЛҚЫЛДАСУ** *Сылқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛҚЫЛДАТ=** е т. **1.** *Қылқылдату, қылқ-қылқ еткізіп, ашқарақтана, құныға жұту.* **2.** *Сылқ-сылқ еткізіп ұру, соғу.* **3.** а у ы с . *Әнді, күйді безілдету, бебеулету.*

**СЫЛҚЫЛДАТУ** *Сылқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛҚЫЛДАУ** *Сылқылда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛҚЫМ** с ы н . *Кербез, сәнқой.*

**Сылқым жігіт.** *Жұмыстың ауырына бармайтын, кербез, кердең, сал, сері жігіт.* **Сылқым сұлу.** *Өзінің сұлулығын, әдемілігін бұлдайтын қыз.*

**СЫЛҚЫМДАН=** е т. *Кербездену, сәндену, паңдану.*

**СЫЛҚЫМДАНУ** *Сылқымдан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛҚЫМДАУ** с ы н . *Кербездеу, серілеу, паңдау.*

**СЫЛҚЫМДЫҚ** з а т . *Кербездік, сәнқойлық.*

**СЫЛҚЫТ=** е т. **1.** *Қомағайлана қылқыту, жеу.* **2.** *Ішімдік ішу.* **3.** а у ы с . *Қанау, езу, тойымсыздық көрсету.*

**СЫЛҚЫТУ** *Сылқыт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛП** е л і к . *Ішке тартылған ауаны кірт тоқтатқанда, сулы жерді басқанда естілетін дыбысты білдіретін сөз.*

**СЫЛП-СЫЛП** е л і к . *Шалп-шалп, салп-салп, шылп-шылп еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**Сылп-сылп етті.** *Шылпылдады, шылп-шылп етті.*

**СЫЛПЫҚ** с ы н . *Былжыраған, езілген, лайсаң, әлі қата қоймаған, бос.*

**СЫЛПЫЛ** з а т . *Сылп-сылп еткен дыбыс.*

**СЫЛПЫЛДА=** е т. **1.** *Шылп-шылп ету.* **2.** *Шылқылдау.* **3.** *Салпылдау, баяу ілбу.*

**СЫЛПЫЛДАҚ** с ы н . *Қары ерiген лайсаң, сылпық.*

**СЫЛПЫЛДАТ=** е т. **1.** *Әйел адамның таңғалғанын білдіріп, ернін шылп еткізуі.* **2.** *Шылпылдатып жеу, шайнау.*

**СЫЛПЫЛДАТУ** *Сылпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛПЫЛДАУ** *Сылпылда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛПЫҢ** с ы н . **1.** *Толассыз, бірқалыпты жауған, салпылдақ.* **2.** а у ы с . *Ілбіген, ыбылжыған, баяу, босаң (жүріс).*

**СЫЛТ** е л і к . *Кілт еткен, бұлт еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Сылт етті.** *Кілт етті, бұлт етті.*

**СЫЛТАУ** з а т . *Белгілі бір іс-әрекеттің, ойдың орындалмай қалғанына айтылатын бостау себеп, негізсіз дәлел.*

**Сылтау етті [қылды].** *Болмашы нәрсені желеу қылды, сылтауратты.* **Сылтау таппады.** *Тиісерге қара таппады.*

**СЫЛТАУРАТ=** е т. *Бір нәрсені уәж, желеу ету, себеп, сылтау қылу.*

**СЫЛТАУРАТУ** *Сылтаурат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛТАУШЫЛ** с ы н . *Желеуі, айтатын себебі көп, өзін ақтағыш.*

**СЫЛТУ** *Сылты етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛТЫ=** е т. *Аяғын шекіп басу, сәл ақсаңдау.*

**СЫЛТЫҚ** с ы н . *Аяғын шекіп басатын, ақсақтау.*

**СЫЛТЫҚАЙ** с ы н . ж е р г . *Ұшқалақ, жеңілтек.*

**СЫЛТЫҚТА=** е т. *Ақсаңдау, ақсау.*

**СЫЛТЫҚТАУ** *Сылтықта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛТЫМА** з а т . *Аяғын аздап ақсап, шекіп басатын кемістік.*

**СЫЛТЫҢДАЙ** ү с т . *Сылқылдана, кербездене.*

**СЫЛУ**[1] з а т . в е т . *Мал пішкенде зауық бездерін жартылай алу тәсілі.*

**СЫЛУ**[2] *Сылы етістігінің қимыл атауы; кесіп алып тастау.*

**СЫЛЫ=** е т. **1.** *Сыдыру, сыпыру, терісінен ажырату.* **2.** *Кесіп алып тастау (без, беріш, ісік, жалпы кесел).* **3.** а у ы с . *Түп-тамырымен құрту, жоқ ету, жою.*

**СЫЛЫМ: сылым еті жоқ.** *Тым арық, қатпа.*

**СЫЛЫМДА=** е т. *Етті сүйектен сылу, сыдыру.*

**СЫЛЫМДАУ** *Сылымда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛЫН=** е т. **1.** *Ісіктің, кесел орнының кесіп, алынып тасталуы.* **2.** *Етті сүйектен сыдыру.* **3.** а у ы с . *Қатты жүдеу, құр сүлдері қалу.* **4.** а у ы с . *Айырылу, құр алақан қалу.*

**СЫЛЫНУ** *Сылын етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛЫҢҒЫР** с ы н . *Ашаң жүзді, жүдеу, жұқа.*

**Сылыңғыр қара.** *Жұқалау жылтыр қара.*

**СЫЛЫҢҒЫРЛАУ** с ы н . *Жүдеулеу, жұқалау.*

**СЫЛЫС=** е т. *Сыдырысу, бірге сылу, сыпырысу.*

**СЫЛЫСУ** *Сылыс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЛЫТ=** е т. *Кеселді, ісікті кестіру, алдыру.*

**СЫЛЫТУ** *Сылыт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМ**[1] з а т . **1.** *Радио, телефон-телеграф байланысы мен жарық беру үшін электртоғын өткізетін желі.* **2.** *Сымтемір.* **3.** а у ы с . *Телефон.*

**Сымға тартқандай.** *Түзу, орынды, мінсіз.* **Сымға [сымша] тартқан күмістей.** п о э т . *Жіптіктей, келісті, сымбатты, сүйріктей.* **Сым саусақ.** б е й н е . *Жұп-жұмыр, сүйір, әдемі саусақ.*

**СЫМ**[2] з а т . ж е р г . *Матадан тігілген шалбар.*

**Сым шалбар.** ж е р г . *Матадан тігілген, қыры сымдай тартылған шалбар.*

**СЫМ**[3] з а т . ж е р г . к ә с . *Темір тескенде астына қойылатын ортасы тесік дөңгелек төс.*

**СЫМБАЛ**[1] з а т . к ө н е . *Үлкен қып буылған тең, асыл бұйым.*

**СЫМБАЛ**[2] с ы н . ж е р г . *Әдемі, сәнді, көркем.*

**СЫМБАЛДА=** е т. **1.** *Мығымдап байлау, теңдеу.* **2.** *Әдемілеу, сәндеу.*

**СЫМБАЛДАЙ** с ы н . *Әдемі, сұлу.*

**СЫМБАЛДАУ** *Сымбалда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМБАТ** з а т . **1.** *Адамның дене бітімінің әсемдігі, сұлулығы, мүсінділігі.* **2.** *Сырт бейне, тұлға.*

**СЫМБАТ-ПІШІН** з а т . *Кескін-келбет, түр-тұрпат.*

**СЫМБАТ-СИПАТ** з а т . *Түр-келбет, көрік-пішін.*

**СЫМБАТСЫЗ** с ы н . *Дене мүсіні келіспеген.*

**СЫМБАТТА=** е т. *Көркемдеу, мәнерлеу, сәндеу.*

**СЫМБАТТАЛ=** е т. *Айшықталу, көріну.*

**СЫМБАТТАЛУ** *Сымбаттал етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМБАТТАН=** е т. **1.** *Дене бітімінің сұлулануы.* **2.** *Көркею, сәулеттену.*

**СЫМБАТТАНДЫР=** е т. *Дене бітімін әдемілендіру.*

**СЫМБАТТАНДЫРУ** *Сымбаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМБАТТАНУ** *Сымбаттан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМБАТТАС** с ы н . *Ұқсас, тәріздес.*

**СЫМБАТТАУ** *Сымбатта етістігінің қимыл атауы; көріктеу.*

**СЫМБАТТЫ** с ы н . *Денесі сұлу, мүсінді.*

**Сымбатты бүйірдақ.** з о о л . *Амазонканың төменгі ағысындағы Арипиранга аралындағы суда тіршілік ететін балықтардың бірі.* **Сымбатты кергек.** з о о л . *Малайя, Зонд түбектерінде тіршілік ететін балық.*

**СЫМБАТТЫЛАУ** с ы н . *Көріктілеу, сәнділеу, кескінділеу.*

**СЫМБАТТЫЛЫҚ** з а т . *Дене бітімінің сұлулығы.*

**СЫМБАТТЫРАҚ** с ы н . **1.** *Көркемдірек, әдемірек.* **2.** *Сымбаты келіскен.*

**СЫМБАТШЫ** з а т . т а р . *Сәулет өнерінің, тас қашаудың шебері, мүсінші.*

**СЫМБЫЛ** з а т . к ө н е . *Көшкен кезде жүк буатын, теңдейтін арқан.*

**Сымбыл арқан.** к ө н е . *Жүк артатын арқан түрі.* **Сымбыл қалмады.** *Ештеңе қалмады, тып-типыл.*

**СЫМБЫЛБАЙ** е с і м . *Дәнеме, ештеңе, еш нәрсе.*

**СЫМБЫР** з а т . ө с . *Көкнәр тұқымдас жабайы өсімдік.*

**СЫМБЫРЛА=** е т. *Сыңғырлау, күмбірлеу.*

**СЫМБЫРЛАС=** е т. *Сыңғырласу.*

**СЫМБЫРЛАСУ** *Сымбырлас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМБЫРЛАУ** *Сымбырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМДАЙ** с ы н . **1.** *Сым тәрізді, сым сияқты.* **2.** а у ы с . *Түп-түзу, тіп-тік.* **3.** *Тап-таза, шап-шақ (киім туралы).*

**Сымдай майысты.** *Мың бұралып толқыды, толықсыды.* **Сымдай тартылған.** *Оқтай түзу, тіп-тік.*

**СЫМДАНА** з а т . с а я т . *Құсбегінің құралы.*

**СЫМҚҰРТ** з а т . з о о л . *Жәндіктер класының қаттықанаттылар отрядының шыртылдақтар тұқымдасына жататын қоңыздардың дернәсілі.*

**СЫМП** е л і к . *Ылдым-жылдым, шалыс қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Сымп етті [берді].** *Жып берді, сып етті.*

**СЫМПИ=** е т. **1.** к е м і т у . *Тар киімнің тыртиып тұруы.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Жылмию, қылмию.* **3.** а у ы с . *Бар мүмкіншіліктен айырылып, жұрдай болу, жымдай болып құр алақан қалу; құнтию.*

**СЫМПИТ=** е т. *Тақырлап алып тастау.*

**СЫМПИТУ** *Сымпит етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМПИЮ** *Сымпи етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМПЫЛ** з а т . *Сыбдырлап, сусылдап шығатын үн, дыбыс.*

**СЫМПЫЛДА=** е т. **1.** *Сусылдау, суылдау, судырау.* **2.** а у ы с . *Сампылдау, зуылдау, сумаңдау.*

**СЫМПЫЛДАҚ** с ы н . **1.** *Сусылдақ, суылдақ.* **2.** а у ы с . *Сампылдаған, сумаңдаған, зуылдаған.*

**СЫМПЫЛДАС=** е т. *Суылдасу, сусылдасу.*

**СЫМПЫЛДАТ=** е т. *Әңгімені көп айту, аузы-аузына жұқпау.*

**СЫМПЫЛДАТУ** *Сымпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМПЫЛДАУ** *Сымпылда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМПЫҢ** з а т . *Сымп еткен тез, қысқа қозғалыс.*

**Сымпың қақты [етті].** а) *Сып-сып етті, суылдады.* ә) *Сумаң етті.*

**СЫМПЫҢДА=** е т. *Сып-сып етіп, зуылдап жүру.*

**СЫМПЫС**[1] з а т . *Еш шаруаға қыры жоқ берекесіз, жылпос, сұйық адам.*

**СЫМПЫС**[2]**: сымпыс құйрық.** *Биенің (жылқының) қылшығы селдір, сұйқылтым, жұқа болып келген құйрығы.*

**СЫМПЫСТАН=** е т. *Сұйылу, сиреу, азаю.*

**СЫМПЫСТАНУ** *Сымпыстан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫМПЫСТАУ** с ы н . *Қысқалау, аласалау, келтелеу.*

**СЫМПЫТ=** е т. ж е р г . *Тоқтамай сөйлеу, істеу.*

**СЫМСЫЗ** с ы н . *Сымы жоқ.*

**Сымсыз телефон.** а) *Сымы жоқ телефон.* ә) *Өсек, сыпсың сөз.*

**СЫМ-СЫПАТА** з а т . *Темір-терсек, сым, бұранда т.б.*

**СЫМТЕМІР** з а т . ж е р г . **1.** *Сым.* **2.** *Шегенің басын шығаратын ұста құралы.*

**СЫМША** ү с т . *Сым тәрізді, сымға ұқсап.*

**СЫМШҮМЕК** зат. жерг. *Ақшайнек, аққұман.*

**СЫМЫРЛАР** зат. зоол. <лат. coccoidea, coccinea> *Теңқанатты жәндіктер отрядының бір тармағы, жеміс ағаштары мен жидек бұталарына түсетін зиянкес жәндіктер.*

**СЫН**[1] зат. **1.** *Сынақ, тексеріс, байқау.* **2.** әдеб. *Белгілі бір ғылыми, әдеби туындының жетістіктерімен қатар кемістіктерін талдап, баға бере айтылатын пікір.* **3.** *Жағымсыз мінез, оғаш іс үшін тағылатын кінә, мін.*

**Сын артты**. *Наз айтты, назданды.* **Сын болды**. *Сынақ болды.* **Сынға алды.** а) *Ойланды, толғанды, байқап көрді, тексерді.* ә) *Сынады, бағалай қарады, баға берді.* **Сынға қалды.** *Сынға ұшырады.* **Сынға құлақ асты**. *Сын нәтиже берді, жөнделді, қабылдады.* **Сынға теріс қарады.** *Кемшілікті, айтқанды құп алмады, мойындамады.* **Сынға төзбеді**. *Сынды жақтырмады, құлақ аспады.* **Сынға түсті.** а) *Жарысты, бәйгеге түсті.* ә) *Сынға алынды, сыналды.* б) *Тексерілді, баға берілді.* **Сындық талдау.** хим. *Кендердегі, құймалардағы және бұйымдардағы асыл металдардың мөлшерін анықтайтын талдау әдісі.* **Сын көзбен қарады.** *Бірден құлай кетпеді, әбден байқады, ойланды.* **Сын көтерді.** *Сынға төзді, шыдады; сынауға жарады.* **Сын күлкі.** *Сынай, байқай күлетін күлкі.* **Сын мақала.** әдеб. *Белгілі бір көркем шығармаға, яки ғылыми еңбекке талдау жасап ой қорытатын, бағалаушылық сипаттағы мақала.* **Сыннан өткізді**. *Сынады, байқады, тексерді.* **Сыннан өтті.** *Өзін көрсете білді, жетістіктерімен көрінді.* **Сын сағатта.** *Қысыл-таяң уақытта, ауыр күн туған кезде.* **Сын сойылы.** бейн. *Өткір сын.* **Сын [мін] тақты.** а) *Кемшілігін көрсетті, жетіспейтін жерін айтты.* ә) *Кінәлады, айыптады, кінә тақты.* **Сын тағылды**. *Сыналатын кез келді.* **Сын таппады**. *Кемшілігі жоқ, кемістігі жоқ.* **Сын тартты**. *Сынға алынды.* **Сын тезіне салды [алды].** *Сынады, мінеді; кемшілігін бетіне айтты.* **Сын түзелді**. *Айтылған сын жөнделді.*

**СЫН**[2] зат. *Қандай да болмасын бір заттың табиғи бітімі мен сәні, келбеті.*

**Сын есім.** лингв. *Заттың түрін я түсін, сапасын білдіретін сөз табы.* **Сыны қашты [кетті].** *Сәні кетті, көркі, сиқы бұзылды.*

**СЫН**[3] зат. лингв. *Араб әліпбиіндегі«с» әрпінің айтылуы.*

**СЫН=** ет. **1.** *Қирау, бүліну.* **2.** *Аяқ, қол сияқты дене сүйегінің морт кетуі.* **3.** *Ағаш т.с.с. қақ бөлінуі, құрауы, құлауы.* **4.** ауыс. *Басылу, тауы шағылу, мою.* **5.** ауыс. *Шығынға ұшырау, ұтылу.* **6.** ауыс. *Күн райының (аяз, жел) ызғары қайту, толастау, басылу.*

**Сынған бұтақтай.** *Өмірдің тәлкегінен соққы көріп, ерте солғандай деген мағынада.*

**СЫНА** зат. **1.** *Үш жағы сүйірлеу етіп жасалған ағаш, тас жарғанда арасына қағатын, қысқа ағаш, я темір.* **2.** *Етік, сырт киім тіккенде арасына салатын былғары.*

**Сына болды.** *Екі араға жік салды, ретсіз килікті.* **Сына жазу.** лингв. *Ертедегі парсылар және кейбір халықтар қолданған, сынаға ұқсас сызықша жазу.* **Сына қақты**. а) *Тарсылдатты, жағымсыз дауыс шығарды.*ә) *Миын жеді.* б) *Екі ортаға жік салды, араларын суытты.* **Сынасын тапты.** *Ретін келтірді, қиюын тапты.*

**СЫНА=** ет. **1.** *Кемшілікті көрсетіп мінеу, шенеу, сын айту.* **2.** *Байқау, тексеріп көру.* **3.** *Сырттай бақылау, алыстан қарап жүру.*

**СЫНАҒЫШ** сын. **1.** *Кемшілікті мінегіш, шенегіш, сынға алғыш.* **2.** *Біреудің кемшілігін байқағыш, аңғарғыш, абайлағыш.*

**СЫНАДАЙ** сын. **1.** *Тіп-тік болып, тып-тығу.* **2.** ауыс. *Айнымайтын, бұлтартпайтын.*

**Сынадай қыстырылды.** *Соқтықты, кірісті, ілінді.* **Сынадай сығылысты.** *Қысылып-қымтырылды, тар жерде иін тіресті.*

**СЫНАҚ** зат. **1.** *Тексеру, байқау.* **2.** ауыс. *Тағдыр талайы, қиыншылық, ауыр күндер.* **3.** пед. *Жоғары және арнайы орта оқу орындары студенттерінің семинар және практикалық сабақтарда, өндірістік тәжірибеде алған білімдері мен дағдыларын, олардың өздігінен орындайтын міндетті жұмыстарын (сызған сызбаларын, шығарған есептерін және т.б.) тексерудің бір түрі.* **4.** әск. *Атомдық қаруларды тексеру, сынақтан өткізу ісі.*

**Сынақ жүргізді**. а) *Емтихан алды.* ә) *Тәжірибеден өткізді, байқау жүргізді.* **Сынақ кітапшасы**. пед. *Студенттердің білім, білік, іскерлік дағдыларына қойылатын бағаны тіркеу кітапшасы.* **Сынақ мерзімі**. а) *Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа, сондай-ақ ішкі фирмалық құжаттармен айқындалатын басқа да талаптарға сай келетінін тексеру мақсатымен белгіленетін мерзім.* ә) совет. *Совет адамының бейнесіне нұқсан келтіретін, жаман дағдысымен көзге түскен жұмысшы, қызметкерге ұжым тарапынан берілетін байқау мерзімі.* **Сынақтан өтті**. *Өзін көрсете білді, сыннан мүдірмей өтті, жетістіктерімен көрінді.* **Сынақты өткерді**. *Сыннан өтті, бастан кешірді.*

**СЫНАҚСЫЗ** үст. *Байқаудан, сыннан өткізбей.*

**СЫНАҚТА=** ет. **1.** *Сынау, байқау.* **2.** пед. *Сынақтан өткізу, білімін тексеру.*

**СЫНАҚТАУ** *Сынақта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНАҚША** зат. сөйл. *Студенттердің сынақ пен емтиханда алған бағасы көрсетілетін құжат.*

**СЫНАҚШЫ** зат. пед. *Белгілі бір пән бойынша емтихан, сынақ алушы мұғалім.*

**СЫНАҚШЫ-ҰШҚЫШ** зат. әск. *Ұшақты сынақтан өткізетін ұшқыш.*

**СЫНАЛ=** ет. **1.** *Сынға түсу, байқалу.* **2.** *Сынға ұшырау, сын айтылу.* **3.** *Тәжірибеден өту.*

**СЫНАЛА=** ет. **1.** *Ағаш не темір, тас сызатына сына қағу, сына ұру.* **2.** ауыс. *Біртіндеп қыстырылу, сығылысу.* **3.** ауыс. *Білдірмей кіру, байқатпай ену.*

**СЫНАЛАН=** ет. *Қыстырылу, сығылысу.*

**СЫНАЛАНЫЛ=** ет. *Енгізілу, қыстырылу.*

**СЫНАЛАНЫЛУ** *Сыналаныл етістігінің қимыл атауы; енгізілу, қыстырылу.*

**СЫНАЛАС=** ет. *Көп болып сығылысу, топырлау.*

**СЫНАЛАСТЫР=** ет. *Сіңістіру, кіріктіру, жымдастыру.*

**СЫНАЛАУ** *Сынала етістігінің қимыл атауы; қосу, ұстеу.*

**СЫНАЛТ=** ет. жерг. *Жарыстыру, бәсекелестіру.*

**СЫНАЛТУ** *Сыналт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНАЛЫ** сын. *Сынасы бар.*

**Сыналы механизм**. кен. *Жақты ұстатқыштың ұсталатын кенді шығару жырығын үлкейтетін немесе кішірейтетін қондырғы.*

**СЫНАЛЫҚ** зат. *Ағаштарда немесе басқа да ағаш материалдарында кездесетін ойық тілік.*

**СЫНАЛУ** *Сынал етістігінің қимыл атауы; сынға түсу, тексерілу.*

**СЫНАЛЫН=** ет. *Сын айтылыну, сынға алынылу.*

**СЫНАМ** зат. *Жаңадан жасалған заттың жарамдылығын тексеретін әдіс.*

**СЫНАМА** зат. **1.** зерг. *Асыл металдар, қорытпаларының ішіндегі алтын, күміс, платина немесе палладийдің сандық құрамы (мөлшері).* **2.** геол. *Зерттелмек нысаннан нақтылы ережелерге сәйкес түрлі-түрлі талдауларды жүзеге асыру үшін алдына отырып, сол нысанның сырсипатын ашып беруге көмектесетін материал.*

**СЫНАМААЛҒЫШ** зат. геол. *Зерттелуге тиісті таужыныстардың, жерасты суының, газдың сынамасын және т.б. алуға арналған аспап.*

**СЫНАМАЛАУ** зат. геол. *Зерттелетін материалдың қасиеттерін және құрамын анықтау мақсатымен бастапқы қалпынан сынама алу.*

**СЫНАМПАЗ** зат. *Сын айтқыш, сынағыш, мінегіш адам.*

**СЫНАП** зат. **1.** хим. <лат. hydrargyum> *Әдеттегі температурада сұйық қалпын сақтайтын табиғаттағы бірден-бір металл.* **2.** *Термометр, градусниктегі жылу мөлшерін көрсетіп тұратын, сынаптан жасалған белгі.* **3.** ауыс. *Тез өзгергіш, қылт-сылты көп мінез, көңіл күй.*

**Сынап нитраты.** хим. *Талдаулық химияда реагент ретінде қолданылатын зат.*

**СЫНАПГҮЛ** зат. өс. *Қараоттың бір түрі; әдемілігі үшін гүлзарларды да өсіріледі.*

**СЫНАП-МІНЕ=** ет. *Кекетіп-мұқату, кінәлау, айыптау.*

**СЫНАП-МІНЕУ** *Сынап-міне етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНАПТАЙ** сын. **1.** *Сынап сияқты, сынап тәрізді.* **2.** ауыс. *Мөлдір, таза.* **3.** *Жылпылдаған, ұстатпайтын, тұрақтамайтын.*

**Сынаптай [сынапша] ақты.** *Тез, жылдам жүрді, жер-көкте тұрмады, ұстатпады.* **Сынаптай бұзылды [құбылды, сырғыды, сусыды].** *Тез, жылдам айныды, өзгерді.*

**СЫНАПТЫ** сын. хим. *Сынап салынған, сынабы бар.*

**СЫНАПША** үст. *Сынапқа ұқсап, сынап тәрізді.*

**СЫНАРЛЫҚ** сын. *Сын тағарлық, сынайтындай.*

**СЫНАС=** ет. *Сынға түсісу, сайысу, байқасу.*

**СЫНАСУ** *Сынас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНАТ=** ет. **1.** *Байқату, байқап, тексеріп көру.* **2.** *Сынға ұшырату, сын айттыру.* **3.** *Сөктіру; мазаққа айналдыру.*

**СЫНАТТЫР=** ет. *Сынға алдыру, сынға түсіру.*

**СЫНАТТЫРУ** *Сынаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНАТУ** *Сынат етістігінің қимыл атауы; байқату, тексерту.*

**СЫНАУ** *Сына етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тексеру, байқау.* **2.** *Әдеби шығармаға сын-пікір жазу.* **3.** инф. <грек. test, testing> *Жүйені немесе оның құраушысын қандай да бір мәселені нақты орындау арқылы тексеру.* **4.** әск. *Сынақ, атом қаруын, қару түрлерін сынау.*

**СЫНАУСЫЗ** сын. *Сынға ілінбей, сынсыз.*

**СЫНАУШЫ** зат. **1.** *Біреуді мінеуші, сын айтушы адам.* **2.** *Сыншы, көркем шығарманың, оқулықтың тілі мен тақырыбына сын айтушы.* **3.** *Сырт көз, бақылаушы.* **4.** тех. *Белгілі бір техниканы байқап, тексеруші маман, қызметкер.*

**СЫНАУЫҚ** зат. хим. *Әдетте, дөңес түпті кішкене шыныдан немесе кварцтан жасалған ыдыс.*

**СЫНАУЫР** зат. хим. *Тәжірибе жасау үшін пайдаланылатын сүйір түтікше.*

**СЫНАША** үст. *Сына сияқты, сынаға ұқсап.*

**Сынаша сығылысты.** *Жоқ жерден қыстырылды.*

**СЫНҒАҚ** сын. *Бос, болбыр, жасық.*

**Сынғақ итшомырт** ө с.<лат. frangula alnus>. *Қаражемістер тұқымдасы, итшомырт туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**СЫНҒАҚТЫҚ** зат. *Сынғыштық.*

**СЫНҒЫШ** сын. *Күйрегіш, опырылғыш; қирауға бейім.*

**СЫНҒЫШТЫҚ** зат. хим. *Морттық, опырылғыштық.*

**СЫНДА**[1]**=** ет. сөйл. жерг. ***Сына.***

**СЫНДА**[2]**=** ет. *Әдемілеу, сомдау.*

**СЫНДАН=** ет. *Әдемілену, сомдалу.*

**СЫНДАНУ** *Сындан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНДАР** сын. *Тіп-тік, бойшаң, сұңғақ.*

**СЫНДАРДАЙ** сын. жерг. *Сұлу, тіп-тік, сынды, сымбатты.*

**СЫНДАРЛА=** ет. **1.** *Бағдарлау, қадағалау.* **2.** *Тәптіштеу, егжей-тегжейлі баяндау.*

**СЫНДАРЛАУ**[1] сын. *Бойшаңдау, биіктеу, сұңғақтау.*

**СЫНДАРЛАУ**[2] *Сындарла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНДАРЛЫ**[1] сын. **1.** *Ұзын бойлы, сұңғақ келген, сымбатты.* **2.** ауыс. *Әдепті, сыпайы.* **3.** ауыс. *Сабырлы, салиқалы, парасатты.*

**Сындарлы күй**. геол. *Тепе-теңдікте болатын екі фазаның фазалар соған жеткенде қасиеттері жағынан барабар болып шығатын*

*күйі.* **Сындарлы серіктестік.** *Тұрақты, негізі дұрыс серіктес, кәсіптес, әріптес болушылық.*

**СЫНДАРЛЫ**[2] сын. *Сыналатын, қысылтаяң, қиын.*

**СЫНДАРЛЫЛЫҚ** зат. *Байсалдылық, байыптылық.*

**СЫНДАРЛЫЛЫҚ** зат. саяси. *Билік сапасын замана талабына лайық шыңдай алуға бағытталған саясатқа тән салиқалық, парасаттылық сипат.*

**СЫНДАС** шыл. *Сияқты, тәрізді, ұқсас.*

**СЫНДАУ** *Сында етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНДЫ**[1] шыл. *Сияқты, секілді, тәрізді.*

**СЫНДЫ**[2] сын. *Сынамалы, сыналатын, сындарлы.*

**СЫНДЫ**[3] сын. *Тұла бойы келісті, сымбатты.*

**СЫНДЫР=** ет. **1.** *Қыш, шыны т.б. жасалған ыдыс т.б. нәрселерді шағу, құлату.* **2.** *Аяқ, қол, башпай сияқты морт сынғыш сүйектен тұратын дене мүшелерді мертіктіру.* **3.** *Ортасынан бөлу, опыру, үзу.* **4.** ауыс. *Бетін қайтару, тауын шағу, тұңілдіру.* **5.** ауыс. *Пайда көру, ортада пайда жасау.*

**Сындырған нандай.** *Тәрбиелі, көргенді бала.*

**СЫНДЫРАМА** зат. *Сынған бұтақ, шөп үйінділері.*

**СЫНДЫРМАЛЫ** сын. *Бүктемелі, жиналмалы.*

**СЫНДЫРТ=** ет. *Дене сүйегін мертіктіру.*

**СЫНДЫРТУ** *Сындырт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНДЫРУ** *Сындыр етістігінің қимыл атауы; ортасынан бөлу, опыру.*

**СЫНДЫРЫЛ=** ет. *Қиратылу, үзілу.*

**СЫНДЫРЫЛУ** *Сындырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫНДЫРЫҚ** зат. жерг. *Сынық, үзім.*

**СЫНДЫРЫМ: бір сындырым.** *Бірүзім, біржапырақ.*

**СЫНДЫРЫС=** ет. *Бірге қиратысу, үзісу.*

**СЫНДЫРЫСУ** *Сындырыс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫН-ЕСКЕРТПЕ** зат. **1.** *Жұмыстағы кемшіліктерді сынап, бетке айтқан пікір, оларды жөндеу жайлы тілек-талап.* **2.** *Қандай да бір мекеменің ұйымдастырылуы мен жұмыс барысы туралы ресми түрде жазылған пікір, мақаладағы сын.* **3.** ғыл. *Ғылыми-зерттеу жұмысына айтылған жөнделуі, толықтырылуы тиіс пікірлер, ұсыныстар, ескертпелер.*

**СЫНИ** сын. *Сындарлы, сынай қараған.*

**СЫН-СИПАТ** зат. **1.** *Бір заттың өзіне тән сапасы, қасиеті, көркі.* **2.** *Мінез-құлқы, өзін ұстауы.*

**СЫНСЫЗ** сын. *Ерекше, мінсіз. // Сын жоқ жерде, сын болмаған жағдайда.*

**СЫНСЫЗДАУ** сын. *Көріксіздеу, әрсіздеу, сәнсіздеу.*

**СЫН-СЫҚАҚ** зат. әдеб. *Жеке адамдар өміріндегі, қоғамдық құбылыстағы жағымсыз іс-әрекеттерді өткір әшкерелеп, мысқылдап, әжуалап, сынайтын әдеби шығарма, фельетон.*

**СЫН-СЫМБАТ** зат. *Мінез, бет-әлпет, сымбат.*

**СЫНТАРАШ** зат. жерг. *Аттың тұяғын жонатын өткір темір құрал.*

**СЫНТАС** зат. көне. *Ерте кездегі тастан қашалып салынған адам бейнесі; балбал.*

**СЫНУ** *Сын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қирау, бұзылу.* **2.** *Жарылу, опырылу.*

**СЫНШЫ** зат. **1.** *Біреудің іс-әрекетін, болмысын сынауға, мінеуге бейім, кемшілік көргіш кісі.* **2.** этн. *Алыстан аңғаратын, кемшілікті парасатпен, салмақпен бағалайтын, көпті көрген кісі.* **3.** этн. *Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі малдың, әсіресе, жылқының, бапталған сәйгүліктердің сынын дөп басып, айта білетін зерделі кісі, атсейіс.* **4.** әдеб. *Әдеби, көркемсөз жазатын адам, әрі жазушы, шығармаларға талдап баға беретін, әдеби сынмен шұғылданатын әдебиетші.*

**СЫНШЫЛ** сын. **1.** *Біткен істің немесе біреудің кемшілігін парасатпен бағалайтын, көреген.* **2.** *Аңғарғыш, байқампаз.* **3.** *Талап қойғыш, көңілі тола бермейтін.* **4.** әдеб. *Әдеби, көркем шығармаларды талдап, сын айтатын. // Көркем шығарманы талдап, сын айтатын адам.*

**Сыншыл реализм.** әдеб. *Қоғамның адамзаттық нормаларға қайшы келетін кемшіліктерін сынға алатын әдебиеттегі көркемдік әдіс.*

**СЫНШЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Сын көзбен қараушылық, сынағыштық, мінегіштік.* **2.** әдеб. *Көркем шығармаға сыни пікір айтушылық, сыни көзқарас.*

**СЫНШЫЛЫҚ** зат. *Талғампаздық, талғағыштық.*

**СЫНЫҚ**[1] зат. **1.** *Адамның, малдың сүйек бүтіндігінің бұзылуы; сынған, қираған, мертіккен жері.* **2.** *Бір нәрсенің қираған, жарылған, бөлшектенген бөлігі.*

**Сынықка сылтау іздеді [тапты, қылды, етті].** *Болымсыз нәрсені себеп, желеу етті, не болса соны сылтауратты.* **Сынықтан басқаның бәрі жұғады.** *Адам табиғаты тез бейімделгіш, үйренгіш, еліктегіш деген мағынада.*

**СЫНЫҚ**[2] сын. **1.** *Быт-шыт боп сынған, қираған, күйреген.* **2.** *Сындырылған, сынған, екіге бөлінген.* **3.** ауыс. *Көңілі жабырқаңқы, қабағы қатыңқы, қайғылы.* **4.** ауыс. *Мінезі жатық, сыпайы, әдепті, инабатты.*

**Сынық бұрау алмау [бұрауға қол тигізбеу].** жерг. *Еш нәрсесіне қол тигізбеу, тиіспеу мағынасында.* **Сынық ине, сыдырым таспа бермеді.** *Өте сараң, өлермен, пайдакүнем болды, татырмады.* **Сынық ине, тұтам жіп [сыдырым таспа].** *Үйдің мүлкі, керек-жарақ заттар.* **Сынық сөз.** *Сыпайы, мүләйім сөз.* **Сынық сүйем [қарыс].** а) этн. *Сұқ саусақ я ортаң қолдың буыны бүгіліп барып белгіленетін қалыптық өлшем.* ә) *Кішкентай, титтей, бір елі.* б) *бір сүйемнің төрттен үш бөлігі.* **Сынықтан [сынықка] сылтау тапты [іздеді].** *Келіспеуге уәж, желеу, себеп ойластырды.* **Сынық шөптің басын сындырмады [көтермеді].** *Еш нәрсе істемеді, түк бітірмеді.*

**СЫНЫҚЖҮЗДІ** сын. *Жабырқаңқы, қайғылы.*

**СЫНЫҚМҮЙІЗ** зат. қолөнер. *Тікмүйізге керісінше сынып барып қайта тармақталатын өрнек.*

**СЫНЫҚСУ** *Сынықсы етістігінің қимыл атауы; сыпайысыну.*

**СЫНЫҚСЫ=** ет. *Әдепті болғансу, сыпайысыну.*

**СЫНЫҚСЫЗ** сын. *Кірбіңі жоқ, кіршіксіз, асыл.*

**СЫНЫҚТАУ** сын. **1.** *Көңілсіз, жабырқаңқылау, төмендеу.* **2.** *Бәсеңдеу, пәстеу (ауа райы).*

**СЫНЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Мінез-құлықтың сыпайылығы, әдептілік, ибалылығы.* **2.** ауыс. *Жабырқаңқылық, жүдеулік, мұңдылық, реніштілік.*

**СЫНЫҚШЫ** зат. этн. *Арнайы медициналық білімі жоқ, бірақ адамның және малдың тайған (шыққан) буыны мен сынған сүйегін қолмен орнына сала білетін халық емшісі.*

**СЫНЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Сынық сала білушілік, оташылық.*

**СЫНЫМ** зат. геол. *Жымдастығы жоқ минералдар мен тау жыныстарын сындырғанда (шаққанда) пайда болатын беттің пішіні.*

**СЫНЫП** ар. зат. пед. *Нақты оқу жылындағы оқушылардың жасына және санына қарай топтастырылған қатары; класс.*

**Сынып белсенділері.** пед. *Сыныпта, мектепте, мектептен тыс уақытта, қоғамдық істерді атқаруда белсенділік іс-әрекеттер көрсететін оқушылар.* **Сынып жетекшісі.** пед. *Жалпы білім беретін мектепте сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырумен, үйлестірумен және жүргізумен айналысушы ұстаз.* **Сынып сағаты.** пед. *Сынып жетекшісінің сынып оқушыларымен өткізетін тәлім-тәрбие сағаты.* **Сыныптан тыс жұмыс.** пед. *Сабақтан тыс уақытта оқушының білімін тереңдетіп, біліктілігін арттыру, сонымен қатар бос уақыттарын саналы және белсенді өткізу мақсатында жүргізілетін жұмыс.* **Сыныптан тыс оқу.** *Оқу бағдарламаларына сәйкес немесе оқушының тілегі бойынша әдеби шығармаларды оқып, талдау.*

**СЫНЫПТАМА** зат. <лат. classis – разряд, топ, facere – істеу> *Құбылыстар мен нысандарды ұқсастығы мен айырмашылықтарына қарай белгілі бір сыныптарға, топтарға, түрлерге жүйелеп бөлу.*

**СЫНЫПТАУ** зат. *Құбылыстар мен заттарды белгілері мен ұқсастықтарына қарай бөлу.*

**СЫНЫС**[1]**=** ет. жерг. *Сықасу, сығылысу, жиі, тығыз орналасу, қалың боп тұтасу.*

**СЫНЫС**[2]**=** ет. *Қиратылысу, бүлінісу.*

**СЫНЫСУ** *Сыныс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢАЙ** зат. **1.** *Біреудің ойы, іс-әрекетінің ыңғайы, реті.* **2.** *Күн райы.*

**Сыңай берді [білдірді, көрсетті, танытты].** *Бір істі құптарлық көңіл байқатты, ниет білдірді.* **Сыңайын байқады.** *Ыңғайын көрді, емеурінін түсінді.*

**СЫҢАЙЛАС** сын. **1.** *Тәріздес, іспеттес, ұқсас, ыңғайлас.* **2.** *Қатарлас, теңдес, шамалас.*

**СЫҢАЙЛЫ** сын. **1.** *Тәрізді, сияқты.* **2.** *Ыңғайлы, бейім.*

**СЫҢАЙСЫ=** ет. *Сыңай таныту.*

**СЫҢАЙЫ** шыл. *Шамасы, байқасам, солай болу керек деген мағынадағы сөз.*

**СЫҢАР** зат. **1.** *Жұп нәрсенің бірі, егіздің екіншісі.* **2.** *Тең, сол құралыпты кісі.* **3.** лингв. *Күрделі сөздің, біріккен сөздің құрастырушысы, компоненті.*

**Сыңар емшек.** *Сиырдың жұп екі емшегінің біреуі қалыбынан тыс кішкене болатын немесе бірінен сүт шығып, екіншісінен сүттің шықпайтын емшегі.* **Сыңар ен айғыр.** *Туысынан бір ен боп туған еркек жылқы.* **Сыңар жетім.** *Енесінен егіз туып, сыңарынсыз, жалғыз қалған қозы.* **Сыңар құртты бөліп жеді [сыңар құрттың жартысын берді].** *Тіршілікті, ыстық-суықты бірге көрді, өзара көмектесті.*

**СЫҢАРДАЙ** сын. *Сыңар сияқты, сыңар тәрізді.*

**СЫҢАРЕЗУ** сын. *Бірбеткей, қырсық.*

**СЫҢАРЕЗУЛІК** зат. *Кертартпалық, қыңырлық, бірбеткейлік.*

**СЫҢАРЖАҚ** сын. **1.** *Жалғыз, жарым.* **2.** *Бірбеткей, қырсық-қыңыр.* **3.** *Кертартпа, бұра тартушы.*

**СЫҢАРЖАҚТЫҚ** зат. *Кертартпалық, бірбеткейлік.*

**СЫҢАРЖИЕК** зат. қолөнер. *Сырмақты жиектеуге қолданылатын бір тал күйінде ширілген жіп түрі [бір тал жиек жалаңқабат етіп ширілген жіптерді үш еселеп алып, қайта шиирақтаудан жасалады].*

**СЫҢАРЖОЛ** зат. инф. *Келесі беттің бірінші жолына басылған абзацтың соңғы жолы немесе беттің соңғы жолына басылған жаңа абзацтың бірінші жолы.*

**СЫҢАРЛАС** зат. *Қатарлас, теңдес, серіктес.*

**СЫҢАРМҮЙІЗ** зат. қолөнер. *Кілем, ши, текеметке салынатын мүйіз өрнегінің түрі.*

**Сыңармүйіз бұғыдай етті.** бейн. *Көңілін басты, жүдетті.*

**СЫҢАРӨКШЕ** зат. қолөнер. *Бір сыңары етіктің басына ұқсап, жетерсінен «өкше» шығарылған мүйіз оюының бір түрі.*

**СЫҢАРТЫҚ** зат. жерг. кәс. *Сыңар ен; бір ені жоқ, шала піштірілген мал.*

**СЫҢҒАҚ** сын. сөйл. *Сынғыш, сынуға бейім.*

**СЫҢҒЫР** зат. *Шолпы, сырға т.б. қозғалуынан шыққан, сыңғырлаған дыбыс. // Сыңғырлаған, сылқ-сылқ еткен, сылқылдаған.*

**СЫҢҒЫРЛА=** ет. **1.** *Сыңғыр-сыңғыр ету, сылдырлау, күмбірлеу.* **2.** *Сылқылдау, сыңқылдау.*

**СЫҢҒЫРЛАҚ** сын. **1.** *Сылдыр қаққан, күңгірлеген.*

**СЫҢҒЫРЛАС=** ет. *Соқтығысып, сыңғырлаған дыбыс шығарысу.*

**СЫҢҒЫРЛАСУ** *Сыңғырлас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҒЫРЛАТ=** ет. *Шыны ыдыстың бірбірі-*

*мен соғылуы не басқа нәрсемен соғуы нәтижесінде сылдырлап дыбыс шығаруы.*

**СЫҢҒЫРЛАТУ** *Сыңғырлат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҒЫРЛАУ** *Сыңғырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҒЫРЛЫ** сын. *Сылқылдаған, сылқ-сылқ еткен.*

**СЫҢҒЫРСЫЗ** сын. *Сылдыр еткен дыбысы жоқ, сылдырсыз.*

**СЫҢҒЫР-СЫҢҒЫР** еліқ. *Сылдыр-сылдыр, шылдыр-шылдыр еткен, сыңғырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Сыңғыр-сыңғыр етті.** *Сыңғырлады, сылдырлады.*

**СЫҢҒЫТ=** ет. *Қылқылдата жұту, сіміру.*

**Сыңғыта жұтты.** *Тоқталмай, дем алмай ішті.*

**СЫҢҒЫТУ** *Сыңғыт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҚ** еліқ. *Күлген кезде сыңқылдап шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Сыңқ етіп күлді**. *Аяқастынан сыңқылдап күлді.*

**СЫҢҚЫЛ** зат. *Сыңқылдаған әсем үн, дыбыс. // Сыңқылдаған, сәнді.*

**Сыңқыл қақты.** *Сыңқылдап күлді.*

**СЫҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Сықылықтап, сылқ-сылқ күлу.* **2.** *Сылдыр қағу, сылдырау (су).* **3.** *Қиқу салу, қиқулау (құс).* **4.** ауыс. *Сыңғырлау, сылқылдау.*

**СЫҢҚЫЛДАС=** ет. *Сыңқ-сыңқ етісу, сылқылдасу.*

**СЫҢҚЫЛДАСУ** *Сыңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҚЫЛДАТ=** ет. *Домбырада т.б. аспапта ойнау, сыңғырлату.*

**СЫҢҚЫЛДАТУ** *Сыңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢҚЫЛДАУ** *Сыңқылда етістігінің қимыл атуы.*

**СЫҢСУ**[1] зат. көне. **1.** этн. *Ұзатылған қыздың туған-туыс, елімен қоштасар кезде әндетіп айтатын өлеңі; тұрмыс-салт дәстүрінің бірі.* **2.** әдеб. *Қызұзату дәстүріне байланысты туындаған тұрмыс-салт жыры.*

**СЫҢСУ**[2] *Сыңсы етістігінің қимыл атауы; жылау, зарлау.*

**СЫҢСЫ**[1]**=** ет. **1.** *Өлген адамды жоқтап, дауыс айтып жылау.* **2.** *Дауысын қатты шығармай жылау.* **3.** *Жіңішке, сызылған дауыспен ән айту, әуендету.* **4.** *Садақ оғының зуылы, шыңылдап атылу.* **5.** этн. *Сыңсу айтып жылау.*

**СЫҢСЫ**[2]**=** ет. *Жыртыла айырылу, самсау, қаптау, быжынау.*

**Сыңсыған қалың ел.** *Өте көп, самсаған жұрт.* **Сыңсыған қол.** *Самсаған қалың әскер.*

**СЫҢСЫЛА**=ет. *Сыңсу (қыздың ұзатқанда жылауы).*

**СЫҢСЫЛАУ** *Сыңсыла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫҢСЫМА** зат. этн. жерг. ***Сыңсу***.

**СЫҢСЫТ=** ет. **1.** *Сыңсыған дыбыс шығарту.* **2.** *Жылату, көресіні көрсету.* **3.** *Сызылтып ән салу, жіңішке дауыспен әуендету.*

**СЫҢСЫТУ** *Сыңсыт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫП: сып берді [етті].** *Көзді ашып-жұмғанша жып етті, зып етті.* **Сып етті.** *Жылп етті, лып берді.*

**СЫПА**[1] ар. зат. тар. *Ел басы, иесі; әскери шендегі қызметкер.*

**СЫПА**[2] зат. *Ағаштан биіктеп жасалған сәкі, нар.*

**Сыпа бойлы.** *Бойшаң, бойы сұңғақ келген.* **Сыпа тас.** *Биіктеу тас.*

**СЫПА**[3] сын. сөйл. ***Сыпайы***.

**СЫПА**[4] зат. жерг. көне. ***Ырыс.***

**СЫПА**[5] зат. *Сыпайы жан, сыпайы адам.*

**СЫПАЙ** зат. көне. ***Сыпа***.

**СЫПАЙЫ** сын. **1.** *Әдепті, инабатты, биязы, кішіпейіл.* **2.** *Мәдениетті.* **3.** *Қарапайым, жарасымды. // Тыныш, тек, жайымен.*

**Сыпайы әдебиет.** а) көне. *Жазба әдебиет.* ә) сөйл. *Әдеби тіл, жазба әдебиет.* **Сыпайы киінген.** *Әдемі, жарасымды киінген.* **Сыпайы мінез.** *Инабатты, әдепті, сынық мінез.* **Сыпайы тіл.** *Әдеби тіл.*

**СЫПАЙЫГЕРЛІК** зат. *Сыпайыгершілік.*

**СЫПАЙЫГЕРШІЛІК** зат. **1.** *Сыпайы қалып сақтаушылық, әдептілік, инабаттылық, ізеттілік, кішіпейіл мінез көрсетушілік.* **2.** *Қысқалық, ішін бермеушілік, ашылмаушылық.*

**СЫПАЙЫЛА=** ет. **1.** *Сыпайылық білдіру, әдептілік сақтап, ізет көрсету, кішіпейілдік жасау.* **2.** *Қарапайымдап, жарасымды ету.* **3.** ауыс. *Бір нәрсе жайында жайлап, жұқалап, ептеп қана айту.*

**СЫПАЙЫЛАН=** ет. *Сыпайы болып көріну.*

**СЫПАЙЫЛАНДЫР=** ет. *Жұқалау, ептеп жеткізу.*

**СЫПАЙЫЛАНДЫРУ** *Сыпайыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫЛАНУ** *Сыпайылан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫЛАС=** ет. *Ізет білдірісу, кішіпейілдік көрсетісу, сіз-біздесу.*

**СЫПАЙЫЛАСУ** *Сыпайылас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫЛАУ**[1] сын. *Әдептілеу, инабаттылау, ізеттілеу, кішіпейілділеу.*

**СЫПАЙЫЛАУ**[2] *Сыпайыла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫЛЫҚ** зат. **1.** *Мінез-құлыққа тән ізеттілік, инабаттылық, әдептілік, кішіпейілдік қасиет.* **2.** *Мәдениеттілік.*

**СЫПАЙЫЛЫҚПЕН** үст. *Сыпайы түрде.*

**СЫПАЙЫМ** зат. сөйл. *Мәдениетті, ерекше әдепті болып отырған кісіге қатысты қаратпа атауыш.*

**СЫПАЙЫРАҚ** сын. *Сыпайылау, әдептілеу, биязылау.*

**СЫПАЙЫСУ** *Сыпайысы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫСЫ=** ет. *Сыпайы болғансу, әдеп, ізет, инабат сақтағансу.*

**СЫПАЙЫСЫН=** ет. *Сыпайы болып көріну.*

**СЫПАЙЫСЫНУ** *Сыпайысын етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПАЙЫШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Сыпайыгерлік, әдептілік, ізеттілік, инабаттылық, кішіпейілділік.* **2.** *Сыбай-салтаңдық, жалғызбастылық.*

**Сыпайышылыққа сыймайтын сөз.** *Дөрекі, боқтық сөз.*

**СЫПАЛЫҚ** зат. жерг. ***Сыпайылық***.

**СЫПАТ** ар. зат. сөйл. *Бейне, сипат, келбет.*

**СЫПАТТА=** ет. сөйл. *Баяндау, сипаттау.*

**СЫПАТТЫ** сын. *Бейнелі, сынды, тәрізді.*

**СЫПАША**[1] зат. *Кішірек етіп жасаған сыпа.*

**СЫПАША**[2] зат. этн. *Лайға жылқының құйрық, жалын қосып, тастан өрген, көп заманға шыдайтын шағын күмбез.*

**СЫПИ: сыпи табан етік.** *Өкшесіз, жұқа, жеңіл мәсі орнына киетін етік.*

**СЫПҚЫР** сын. *Сыптай.*

**СЫПҚЫРТ=** ет. сөйл. ***Сықпырт***.

**СЫП-СИДА** сын. *Тіп-тік, ұп-ұзын, сидиған, жіп-жіңішке.*

**СЫП-СИДАМ** сын. *Сорайған, сойдиған, түп-түзу, тіп-тік, жіп-жіңішке.*

**СЫП-СЫМБАЛ** сын. *Әдемі, көркем.*

**СЫП-СЫНЫҚ** сын. *Мінезі ұяң, биязы.*

**СЫП-СЫП**: **сып-сып етті.** *Сыпылдады, сусылдады.*

**СЫП-СЫПЫРУЫН** үст. жерг. *Тып-тыпыл.*

**СЫПСЫҢ**[1] зат. *Өтірік өсек-аяң, сыбыс.*

**Сыпсың қақты.** *Сып-сып етіп өтірік-өсек таратты, сыпсыңдады.* **Сыпсың сөз.** *Алыпқашпа, өсек, сыбыр-күбір.*

**СЫПСЫҢ**[2] сын. **1.** *Сидам, жіңішке, сүйрік, қарағай.* **2.** *Сымпың, самдағай.* **3.** *Шапшаң.*

**Сыпсың құйрық.** *Құйрық қылы сұйық, жіңішке жылқы, ат.*

**СЫПСЫҢДА=** ет. **1.** *Сып-сың-сыпсың ету, сұмаң қағу.* **2.** *Сүйреңдеу, сып-сып ету, сыпылдау.*

**СЫПСЫҢДАС=** ет. *Сыпылдасу, ретін тауып өсек айтысу.*

**СЫПСЫҢДАСУ** *Сыпсыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПСЫҢДАТ=** ет. *Сыпсың-сыпсың еткізу, сыпылдату.*

**СЫПСЫҢДАТУ** *Сыпсыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПСЫҢДАУ** *Сыпсыңда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПСЫҢ-СЫПСЫҢ** зат. *Өзара күңкіл-сыңкіл, сыбыр, сыбыс әңгіме, өсек.*

**СЫП-СЫЛДЫР** сын. **1.** *Мүлде сұйық, сылдыр (тамақ).* **2.** ауыс. *Түйіні жоқ, мәнсіз жадағай (сөз).*

**СЫП-СЫПАЙЫ** сын. **1.** *Биязы ғана, инабатты.* **2.** *Тап-таза, қарапайым ғана, жарасты.*

**СЫП-СИДА** сын. *Тіп-тік, ұп-ұзын, сидиған.*

**СЫПТА=** ет. *Түп-түзу етіп жону, шабу.*

**СЫПТАЙ** сын. **1.** *Тартылған сымдай түп-түзу, артық еті жоқ.* **2.** *Қынап тігілген, тап-тар, құнтиған.*

**Сыптай болды.** *Жарасымды, жинақы болып киінді.* **Сыптай киінді.** *Жып-жинақы, тап-таза, жарасымды киім киді.* **Сыптай қылды.** *Денесімен дене етіп, киімін тар қылып киді.*

**СЫПТИ=** ет. *Шұнтию, сымпию, құнтию.*

**СЫПТИЮ** *Сыпти етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПТЫҒЫР** сын. **1.** *Тығыншықтай, жұп-жұмыр.* **2.** *Ықшам, ыңғайлы.*

**СЫПТЫҒЫРДАЙ** сын. *Ысылған, шірақ, ықшам, оңтайлы.*

**Сыптығырдай сыланды**. *Сәнденді, сұлуланды.*

**СЫПТЫҒЫРЛА=** ет. *Жіңішкелеп орау, бұтау, сидамдау.*

**СЫПТЫҒЫРЛАН=** ет. *Жіңішкеру, тартылу.*

**СЫПТЫҒЫРЛАНУ** *Сыптығырлан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПТЫҒЫРЛАУ** *Сыптығырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПТЫҒЫРЛЫҚ** зат. *Сараңдық, тартыншақтық.*

**СЫПТЫР=** ет. жерг. *Жол беру, қарау.*

**СЫПЫЛДА=** ет. **1.** *Жыпылдап тез-тез сөйлеу, сып-сып ету.* **2.** *Жылмаң қағу, сумаңдау.* **3.** *Зу-зу ету, суылдау, заулау.* **4.** *Құстардың неше алуан төңкеріліп ұшуы.*

**СЫПЫЛДАҚ** сын. **1.** *Көп сөйлейтін сөзшең, өсекшіл, беймаза.* **2.** *Төңкеріліп, неше алуан әдіске салып ұшатын (құс).*

**СЫПЫЛДАС=** ет. *Жыпылдасып, өсек айтысу.*

**СЫПЫЛДАСУ** *Сыпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Қолы-қолына жұқпай, шаруаны тез істеу.* **2.** *Тез-тез жүру, бастырмалату.*

**СЫПЫЛДАТУ** *Сыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫЛДАУ** *Сыпылда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫР** зат. жерг. *Топалаң, қарасан.*

**Сыпыр алғыр!** қарғ. *Қара малға, сиырға айтылатын қарғыс.*

**СЫПЫР=** ет. **1.** *Үй ішін, қора-қопсы, көшені қоқыр-соқыр, шаң-топырақтан сыпыртқымен тазарту.* **2.** *Бір нәрсені ысыру, серпіп түсіру.* **3.** ауыс. *Қалдырмай, сыпырып-сиыру, жинау.* **4.** *Алып тастау, сыдыру.* **5.** *Киімін жалаңаштанып шешу.* **6.** *Жұлып алу, ағыту, босату.*

**Сыпырып алды [әкетті].** а) *Күштеп, зорлап алды, тартып әкетті.* ә) *Киімін тыр жалаңаш қылып шешіп алды.*

**СЫПЫРА**[1] зат. *Қамыр илейтін жұқа жарғақ тері.*

**Сыпыраның ішінде отырды.** *Мол дәулеттің ішінде отыру мағынасында айтылады.*

**СЫПЫРА**[2] үст. *Баршасы, шетінен, бәрі бірдей, тұтас, түгелдей, жаппай.*

**Сыпыра жомарт.** *Берегенсіген, жомартсынған, бәріне көмектескіш.* **Сыпыра күзеу.** *Жылқы малының құйрық қылын күзеу түрі.* **Сы-**

**пыра соқты.** *Түк қалдырмай жеді.* **Сыпыра шапқан тақтайдай.** *Қақпақтай, тып-тұзу, кең.*

**СЫПЫРА**[3] зат. жерг. *Рет, қатар.*

**СЫПЫРҒЫ** зат. сөйл. ***Сыпырғыш.***

**СЫПЫРҒЫШ** зат. **1.** *Үй ішін, қора-қопсы, көшені сыпыру үшін сіпседен, жусаннан, шіліктен жасалған сыпыртқы.* **2.** *Моншада шабыну үшін жөке, емен жапырағынан буып жасалған құрал.*

**СЫПЫРҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта, әр жерінен сыпыру.*

**СЫПЫРҒЫШТАУ** *Сыпырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРМА** сын. *Сусыма, сырғыма.*

**СЫПЫРМАЙ** зат. жерг. *Аласа жиекті бөрік.*

**СЫПЫРМАЛЫ: сыпырмалы қылыш.** этн. *Ұшы қайқы, жалаңдаған жеңіл қылыш.*

**СЫПЫРТ=** ет. **1.** *Сыпырғышпен үйді тазалату.* **2.** *Шашын тақырлатып, алып тастау.* **3.** *Терісін сыдырту.* **4.** ауыс. *Зулату, сыпылдату, соқтырту.*

**Сыпырта ұшу.** саят. *Сұңқар, лашын тектес құстардың оқтай атылып, ағызып ұшуы.*

**СЫПЫРТҚЫ** зат. сөйл. ***Сыпырғыш.***

**СЫПЫРТҚЫЗ=** ет. *Шашын біреуге тақырлатқызу.*

**СЫПЫРТҚЫЗУ** *Сыпыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРТУ** *Сыпырт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРУ** *Сыпыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРУЛЫ** сын. *Тазаланып сыпырылған.*

**СЫПЫРУШЫ** зат. *Кеңселер мен қонақ үйлерді, көшелер мен аулаларды тазалаушы жұмыскер.*

**СЫПЫРЫҚ** сын. *Тақыр, тықыр, жылтыр.*

**СЫПЫРЫҚТАН=** ет. саят. *Жылмағайлану, таралу.*

**СЫПЫРЫЛ=** ет. **1.** *Сыпырғышпен топырағы тазалану, жиыстырылу.* **2.** *Сыдырылу, терісі алыну.* **3.** *Сылыну.* **4.** *Таю, жылмағай жерден ауу.* **5.** ауыс. *Ысырылу, ығысу.*

**СЫПЫРЫЛУ** *Сыпырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРЫНДЫ** зат. *Бір нәрсені сыпырғанда, тазалағанда жиылған қоқыр-соқыр, шөп-шалам, қоқсық.*

**СЫПЫРЫС=** ет. *Үйді т.б. сыпыруға көмектесу.*

**СЫПЫРЫСУ** *Сыпырыс етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫРЫП-СИЫР=** ет. **1.** *Сыпырып, жинау.* **2.** *Түк қалдырмай жалап-жұқтау, жеу.* **3.** ауыс. *Түк қалдырмай алу, теру, қамту.*

**СЫПЫРЫП-СИЫРУ** *Сыпырып-сиыр етістігінің қимыл атауы.*

**СЫПЫС** сын. *Сидам, жіңішке.*

**Сыпыс құйрық.** *Құйрық жалы сидам (ат).*

**СЫР**[1] [ар. سر] зат. **1.** *Әркімнің өзіне тән, басқа адамға белгісіз құпия ойы, жасырын пікірі.* **2.** *Істің мән-жайы, жай-жапсары.*

**Сыр айтты.** *Құпиясын ашты, сырласты.* **Сыр ақтарды.** *Шынын айтты, көңілдегісін білдірді.* **Сыр алды.** *Шындығын білді, құпиясын білді.* **Сыр алдырды.** *Бар ойын білдіріп алды, сырын ашып қойды.* **Сыр алысты.** *Сырласты, жақын тартты, сыр тартты, пікірлесті.* **Сыр ашты.** а) *Көңілдегі құпиясын ақтарды, білдірді.* ә) *Қанықты, төсінді.* **Сыр ашу.** а) *Көңілдегі сырын ақтару.* ә) *Құпиясын табу, сырын анықтау.* **Сыр бермеді.** *Сыр алдырмады, ішкі сырын білдірмеді, сездірмеді.* **Сыр бермеу.** *Сыр алдырмау, ішкі сырын білдірмеу, сездірмеу.* **Сыр бөлісті.** *Сырларын айтысып, мауық басысты.* **Сыр бүкті.** *ішкі құпиясын жасырды, жария етпеді.* **Сыр білдірмеді.** *Сыр бермеді, ештеңесін сыртқа жария етпеді.* **Сырға берік.** *Сырын сыртқа шашпайтын, сабаз, орынсыз әңгіме айтпайтын.* **Сырға жаңа барды.** *Енді түсінді, мән-жайды енді ұқты.* **Сырға толы.** *Сыр-сипаты, құпиясы көп.* **Сырдан сыңар аяқ өткен.** *Айлакер, амалы көп, қу, алаяқ.* **Сырды бұзды.** *Құпиясын жариялады, сырын ашты.* **Сырдың құба талындай.** *Жіп-жіңішке, нәп-нәзік.* **Сыр жалағаш.** сөйл. *Үстінде түгі жоқ, лыпасыз.* **Сыр жарды.** *Айтып қойды, сыр ашты.* **Сыр жасырмады.** *Ішіндегісінің бәрін айтты.* **Сыр жоқ.** *Құпия жоқ, бүкпесіз, адал.* **Сыр қақпағы.** поэт. *Жасырынған ішкі ой, іштегі құпия.* **Сыр қалмады.** *Құпиясы жоқ.* **Сыр қылды.** *Өсектеді, әңгіме етті.* **Сыр сақтады.** *Құпияны ешкімге жария қылмай жасырды.* **Сыр сандығы.** *Әркімнің өзіне ғана мәлім құпия ой, пікір жиынтығы.* **Сыр тапты.** *Мән-жайын ашты, құпиясын білді.* **Сыр тартты.** *Құпия пікірін, жасырын ойын білу үшін сыңайын байқады.* **Сыр ұқтыра алмады.** *Түк түсіндіре алмады, дегенін істей алмады.* **Сыр ұқтырды.** *Сырын ашты, құпиясын айтты.* **Сыр шашпады.** *Құпия сақтады, ешкімге айтпады.* **Сыр шертті.** *Көңіл құпиясын айтты.* **Сыр [әңгіме, мұңын] шертті.** *Сырын айтты, әңгімеледі, баяндады.* **Сыр шертқізді.** *Сырын айтқызды, баяндатты.* **Сыры ашылды.** *Жасырын ойы, құпиясы белгілі болды.* **Сыры бар.** *Құпиясы бар, мән-жайы басқаша.* **Сыры жайылды.** *Мән-жайға елдің бәрі қанық болды, құпия ел аузында жүрді.* **Сыры кетті.** *Сыры түсті, ескірді.* **Сыры көшкен сырлы аяқтың сынындай.** *Кәрілікке бет алған кісінің сырт келбеті, бет-пішіні туралы.* **Сырына жетті.** *Қанық болды, түсінді, білді.* **Сырына қанық.** *Мән-жайдан, бір нәрседен толық хабардар.* **Сырын білді.** а) *Қандай да нәрсенің түпкі себебін, ішкі астарын түсінді, ұқты.* ә) *Мінезіне, әдет-қылықтарына қанықты, бойы үйренді, тіл табысты, ыңғайын байқады, сырын алды.* **Сырын білдірді.** *Құпиясын ашты, айтты.* **Сырын білу.** *Өзгеге айтылмайтын ойлары мен сырларынан хабардар болу.* **Сырын сарықты.** *Ішкі құпия, пікірін түгел айтып берді.* **Сырдың суы сирағынан келмейді.** *Еш нәрсені елең қылмады, қаперіне кіріп шықпады.*

**СЫР**[2] зат. сөйл. ***Сүтсірне.***

**СЫР**[3] зат. құрыл. *Темір, ағаш т.б. нәрселерге ерекше түс, рең беру үшін жағылатын құрылыс материалы; бояқ.*

**Сыры кетті**. *Сыры түсті, ескірді.*

**СЫР**[4]**: сыр жалаңаш.** *Тыр жалаңаш, тұттай.*

**СЫР**[5]**: сыр жүгірді.** *Зыр жүгірді, зырылдады.*

**СЫРА** зат. *Арпа және құлмақ араластырып ашыту арқылы дайындалатын күші аз сусын (ішімдік).*

**СЫРАҒДЫ** зат. *Шырағым, жарығым, сыралғым деген мағынадағы қаратпа атауыш.*

**СЫРАҚОР** зат. *Сыраға құмар кісі, үнемі сыра ішіп жүретін.*

**СЫРАҚОРЛАУ** сын. *Сыра ішуге құмарлау.*

**СЫРАЛҒЫ** сын. *Бұрыннан сырлас, үйреншікті.*

**СЫРАЛҒЫЛЫ** сын. *Бұрыннан белгілі, танымал.*

**СЫРАЛҚЫ** зат. көне. этн. *Аңшының серіктестеріне беретін атқан аңының бір саны не қолы.*

**СЫРАХАНА** зат. *Сыра сататын орын.*

**СЫРАШЫ** зат. *Сыра жасаушы, сыра сатушы.*

**СЫРБАЗ**[1] зат. **1.** жерг. *Қозының күземнен соңғы семірген кезі.* **2.** тамақ. этн. *Өз терісіне орап, қоламтаға көміп, пісірген бағлан еті; жолжұмыр.*

**СЫРБАЗ**[2] сын. **1.** *Байсалды, байыптылығымен қоса паң, сәнқой (ер) адам.* **2.** *Кербез, сұлу, сылқымдығына ақылы сай (әйел).* **3.** *Жайлы, салтанатты, сайлы.*

**СЫРБАЗДА=** ет. *Мәнерлеу, сәндеу, әрлеу.*

**СЫРБАЗДАН=** ет. *Кербездену, сылқымдану, паңдану.*

**СЫРБАЗДАНУ** *Сырбаздан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРБАЗДАУ** *Сырбазда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРБАЗДЫҚ** зат. *Кербездік, сылқымдық, паңдық.*

**СЫРБИДАЙ** зат. өс. *Бидайдың ертеде Сыр бойына кең тараған түрі.*

**СЫРБӨРТПЕ** зат. этн. саят. *Бүркіт жемі.*

**СЫРБҮРІККІШ** зат. құр. *Металдан, пластмассадан, ағаштан және басқа материалдардан жасалған бұйымдардың жалпақ және бедерлі беттерін сырлауға немесе лактауға (жұмыс көлемі шағын болған жағдайда), сондай-ақ үй-жайларды әртүрлі сұйықтармен және экстрактылармен ылғалдандыруға және бүркуге арналған құрал.*

**СЫРҒА** зат. **1.** зерг. *Әртүрлі қымбат металдар мен асыл тастардан (алтын, күміс, гауһар, жақұт, лағыл т.б.) жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын әшекей зат.* **2.** *Малдың құлағына бекітетін нөмірлі қаңылтыр, ен.*

**Сырға ен.** жерг. *Құлақтың арт жағынан, алдыңғы жағынан, шетінен тіліп, салынған ен.* **Сырға салу**. этн. *Күйеу жақтан құда түсуге келген кісілердің қалыңдықтың құлағына сырға салып, қызды алып кететін күнді белгілейтін жоралғысы.* **Сырғасы тайды.** *Ат оқыс жығылғаннан артқы аяғындағы сырға буыны орнынан қозғалып кетуі.*

**СЫРҒАГҮЛ** <лат. inflorescentia> зат. бот. *Еменнің, талдың, теректің салбырап өсетін масақ, шашақ тәрізді гүл шоғыры.*

**СЫРҒАҚ**[1] зат. **1.** *Қарсыз қара суықта жер бетін басқан жылтыр көк мұз.* **2.** *Қатып қалатын, қар аралас жаңбыр.*

**СЫРҒАҚ**[2] сын. *Табансыз, тұрақсыз, жеңілтек.*

**Сырғақ жүрді.** *Шеттеп, қашып жүретін болды.* **Сырғақ сөйледі.** *Сырғыта, қашқақтай айтты.*

**СЫРҒАҚСУ** *Сырғақсы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАҚСЫ=** ет. *Сырғақтау, сырттап, қашқақтау, шеттеу.*

**СЫРҒАҚСЫТ=** ет. *Ысыру, ығыстыру.*

**СЫРҒАҚСЫТУ** *Сырғақсыт етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАҚТА=** ет. **1.** *Сырғақсу, сырттап, қашқақтау, шеттеп жүру.* **2.** *Созбақтау, үзіл-тіп-созылту.*

**СЫРҒАҚТАТ=** ет. *Ығыстыру, кейінге шегеру.*

**СЫРҒАҚТАТУ** *Сырғақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАҚТАУ** *Сырғақта етістігінің қимыл атауы; сырғақсу, қашқақтау.*

**СЫРҒАЛА**[1]**=** ет. *Малдың құлағына сырға тағу, салу.*

**СЫРҒАЛА**[2]**=** ет. *Алыстан тору, төңіректеу, сығалау.*

**СЫРҒАЛАН=** ет. *Сырға салып әдемілену, сырға тағыну.*

**СЫРҒАЛАНУ** *Сырғалан етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАЛАУ** *Сырғала етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАЛЫ**[1] зат. өс. жерг. *Жабайы жоңышқаның бір түрі.*

**СЫРҒАЛЫ**[2] сын. *Сырға таққан, сырғасы бар.* // этн. *Айттырылған, құда түскен қыз, бойжеткен.*

**СЫРҒАЛЫҚ** зат. анат. *Құлақтың сырға өткізетін жұқа жері, қаумет.*

**СЫРҒАЛЫТАЛ** зат. өс. жерг. *Жыңғыл.*

**СЫРҒАНА=** ет. **1.** *Жоғарыдан ылдиға қарай, қар үстінде аяқпен, шанамен зулау, сырғып түсу.* **2.** *Жылмағай нәрсені ұстап, төмен қарай зулап түсу.* **3.** *Құлдилау, төмен қарай зуылдау.* **4.** ауыс. *Өту, зымырау (уақыт).* **5.** ауыс. *Тұрақтамау, байыздамау.*

**СЫРҒАНАҚ** зат. *Коньки, шанамен сырғанайтын жер; мұз айдыны.* // *Тайғақ, баянсыз, тайғанақ; тұрақсыз.*

**Сырғанақ тепті.** *Коньки, шанамен сырғанады.*

**СЫРҒАНАҚТА=** ет. *Қайта-қайта тайғанақтау.*

**СЫРҒАНАҚТАТ=** ет. *Созбалақтау, қашқалақтау.*

**СЫРҒАНАҚТАТУ** *Сырғанақтат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРҒАНАҚТАУ** *Сырғанақта етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒАНАҚШЫ** зат. *Сырғанаушы, конькиші.*
**СЫРҒАНАҚЫШ** зат. зерг. *Шашақты, үшбұрышты тұмары бар сырға тәрізді өрнек.*
**СЫРҒАНАС=** ет. *Сырғанақ тебісу.*
**СЫРҒАНАСУ** *Сырғанас етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒАНАТ=** ет. *Ұшырту, зырылдату.*
**СЫРҒАНАТУ** *Сырғанат етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒАНАТТЫР=** ет. *Сырғанақ тептіру.*
**СЫРҒАНАТТЫРУ** *Сырғанаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒАНАУ** *Сырғана етістігінің қимыл атауы.*
**Сырғанау үйкелісінің коэффициенті.** физ. *Сырғанау үйкелісі күшінің, бір денені екіншісіне қысатын жүктемені түсірген кезде пайда болатын және олардың тиісу бетіне перпендикуляр бағытталған реакция күшіне қатынасы.*
**СЫРҒАНАУШЫ** зат. *Сырғанақ тебуші, сырғанақшы.*
**СЫРҒАНАУЫҚ** сын. *Сусыма, сусылдақ.*
**СЫРҒАТЕРУ** зат. қолөнер. *Шашақты, тұмаршалы сырға тәрізді өрнек.*
**СЫРҒАТОЙ** зат. этн. *Ертеректе сәбиі тоқтамаған жағдайда баланың құлағына сырға салатын ғұрып.*
**СЫРҒАУЫЛ** зат. *Үйдің төбесін жабуға т.б. арналған жіңішкелеу келген ұзын ағаш, сырық.*
**СЫРҒАУЫЛДАЙ** сын. *Сырғауыл сияқты ұп-ұзын, сорайған.*
**СЫРҒАУЫЛДЫҚ** сын. *Сырғауыл боларлық.*
**СЫРҒАШЕШЕК** зат. өс. *Тегеурінгүлдің бойы биік түрі; биік тегеурінгүл.*
**СЫРҒИ** сын. *Суайт, өтірікші.*
**СЫРҒИЯ** сын. сөйл. ***Сырғи.***
**СЫРҒУ** *Сырғы етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒЫ** зат. жерг. *Бидайды сырып үйетін ағаш құрал.*
**СЫРҒЫ=** ет. *Бір орында тұрмау, жылжу, ысырылу.*
**СЫРҒЫҒЫШТЫҚ** зат. тех. *Материалдардағы тұрақты күш әсерінен болатын үздіксіз пластикалық деформация.*
**СЫРҒЫЗ=** ет. *Сырып тіккізу, тіктіру.*
**СЫРҒЫЗУ** *Сырғыз етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒЫМА** зат. *Желдің, боранның әсерінен сусып, жылжыған құм, қар; сусыма.*
**Сырғыма боран.** *Қарды үрлеп жер бауырлай соғатын боран.*
**СЫРҒЫМАЛЫ** сын. *Жылжымалы, сусымалы.*
**Сырғымалы баға.** экон. *Ұзақ мерзімде дайындалатын бұйымдар жөніндегі сауда мәмілелерінде белгіленетін, осы ұйымдарды дайындау үшін қажет уақыт кезеңінде орын алған өндіріс шығындарындағы өзгерістерді ескеруге мүмкіндік беретін сырғақтау қағидаты негізінде есептелетін баға.*
**СЫРҒЫН** зат. өс. *Аюқұлақтың бір түрі: әсемдік үшін қолдан өсірілетін сәнді өсімдік.*
**СЫРҒЫҢҚЫРА=** ет. *Ысырылыңқырау, жылжыңқырау.*
**СЫРҒЫТ[1]=** ет. **1.** *Ысыру, итеру.* **2.** *Зырылдау, бірқалыпты желу.*
**СЫРҒЫТ[2]=** ет. *Жауаптан жалтару, дұрыс құлақ аспау.*
**СЫРҒЫТҚЫ** зат. кен. *Жердің бетіне тікелей шығатын жері жоқ, әртүрлі жүктерді өз массасының әрекетімен түсіруге арналған көлбеу жерасты қазбасы.*
**СЫРҒЫТПА[1]** зат. *Есікті, қақпаны ысырып, жылжытып бекітетін құрал.*
**СЫРҒЫТПА[2]** сын. *Шығарыпсалма, жылжытпа (сөз).*
**СЫРҒЫТПАЛА=** ет. *Сырғытпаға салу, созбалау.*
**СЫРҒЫТУ** *Сырғыт етістігінің қимыл атауы; ысыру, итеру.*
**СЫРҒЫТЫЛ=** ет. **1.** *Ысырылу, жылжытылу.* **2.** ауыс. *Қалдырылу, шегерілу.*
**СЫРҒЫТЫЛУ** *Сырғытыл етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҒЫШ[1]** зат. *Астықты, қарды, тағы басқа сол тәрізділерді жылжытып, сырып, жинайтын, топтайтын құрал.*
**СЫРҒЫШ[2]** сын. *Сыратын, сырып қоятын.*
**СЫРДАЙ** сын. *Сыптай, артық еті жоқ.*
**СЫРДАҚ[1]** зат. этн. көне. *Нар түйеге жүк арту үшін жасалған қом.*
**СЫРДАҚ[2]** сын. сөйл. ***Сырғақ[2].***
**Сырдаққа салды.** *Қашқалақтады, сырт айналды.*
**СЫРДАҚТА=** ет. *Сырдақдау, сырттау, қашқалақтау.*
**СЫРДАҚТАТ=** ет. *Басын алып қашқақтату, жолатпауға тырысу.*
**СЫРДАҚТАТУ** *Сырдақтат етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРДАҚТАУ** *Сырдақта етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРДАҢ** сын. **1.** *Сараң, қатты, қолы тар.* **2.** *Жұтаң, тапшы, кедей.* **3.** *Тақыр, құ жазық.* **4.** бейн. *Қытымыр, сырдақ.* **5.** *Сырғақ, қашқалақ.*
**Сырдаң тартты.** *Қашқалақтады, сырт айналды.*
**СЫРДАҢДА=** ет. *Бойын аулақ салып қашқақтау, сырғақтау.*
**СЫРДАҢДАТ=** ет. *Қашқалақтату, сырғақтату.*
**СЫРДАҢДАТУ** *Сырдаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРДАҢДАУ** *Сырдаңда етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРДАҢДЫҚ[1]** зат. **1.** *Кедейлік, жұтаңдық, тапшылық, жетіспеушілік.* **2.** ауыс. *Сырғақтық, құр баяндаушылық, жұтаң ойлық (әдеби шығарма туралы).*
**СЫРДАҢДЫҚ[2]** зат. **1.** *Сырғақтаушылық, қашқалақтаушылық.* **2.** саят. *Сырттаушылық, құстың қашқалақтап ұшуы.*
**СЫРДАҢДЫЛЫҚ** зат. *Қашқалақтаушылық, ішін бермеушілік, сырғақтаушылық.*
**СЫРДАҢСУ** *Сырдаңсы етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРДАҢСЫ=** ет. *Сыздап, сіз-біздесіп, іштерін бермеу.*
**СЫРДЕСТЕ** сын. *Сыр мінез, сыралғы, сырға берік.*
**СЫРДЕСКІ** сын. сөйл. ***Сырдесте.***
**СЫРИ=** ет. *Серею, ұзару.*
**СЫРИҒАН** сын. *Сидиған, ұзын.*
**СЫРИТ=** ет. сөйл. *Бір нәрсені жоқ қылу; тонау.*
**СЫРҚА=** ет. *Ауру, сырқырау.*
**СЫРҚАТ** зат. **1.** *Көптен бергі меңдеп жүрген дерт.* **2.** *Ауру, науқас.*
**СЫРҚАТТАН=** ет. *Науқастану, ауыру.*
**СЫРҚАТТАНУ** *Сырқаттан етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҚАТТАНЫҢҚЫРА=** ет. *Науқастаныңқырау, ауырыңқырау.*
**СЫРҚАТТАУ** сын. *Науқастау, дімкәстау.*
**СЫРҚАТТЫ** сын. *Науқасты, аурулы.*
**СЫРҚАТТЫҚ** зат. *Денсаулық жоқтық, сырқаулық.*
**СЫРҚАУ** сын. сөйл. *Ауру, сырқаулы. // Науқас адам.*
**СЫРҚАУЛЫ** сын. *Аурулы, науқасы бар.*
**СЫРҚАУЛЫҚ** зат. *Науқастық, дімкәстық.*
**СЫРҚУАТ** зат. жерг. *Аяқ-қолдың сырқырап ауруы.*
**СЫРҚЫНДЫ** сын. **1.** *Қу, әккі, айлакер.* **2.** *Жырынды, тісқаққан.*
**СЫРҚЫРА[1]=** ет. *Сүйектің шаншып, шағып ауыруы, қақсауы.*
**СЫРҚЫРА[2]=** ет. *Зырқырау, зымырау.*
**СЫРҚЫРАМА[1]** зат. *Шаншып, шағып, қақсап ауыратын сүйек ауруы.*
**СЫРҚЫРАМА[2]** зат. көне. *Қақсап, шаншып ауыратын ауру.*
**СЫРҚЫРАТ=** ет. *Қақсату, ауырту.*
**СЫРҚЫРАТУ** *Сырқырат етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРҚЫРАУ** *Сырқыра етістігінің қимыл атауы; шағып ауыру, қақсау.*
**СЫРҚЫРАУЫҚ** зат. *Әлсін-әлсін сырқырай беретін, жиі қақсайтын.*
**СЫРЛА[1]=** ет. **1.** *Сырмен бояу, сыр жағу.* **2.** жақтырмау. *Бояну, сәндену.*
**СЫРЛА[2]=** ет. **1.** *Сыр қылып бүгу, жасыру.* **2.** ауыс. *Жіңішкелеп жеткізу, сыпайылау.*
**СЫРЛАН=** ет. *Сыр, бояу жағылу.*
**СЫРЛАНУ** *Сырлан етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРЛАС** сын. *Көңілі жақын, сыры бір, пікірлес.*
**СЫРЛАС[1]=** ет. *Біреуге сырын айтып, бөлісу, жақын болу.*
**СЫРЛАС[2]=** ет. *Сыр, бояу жағысу, көмектесу.*
**СЫРЛАСТЫР=** ет. *Сыр айтысу, сыр бөлістіру.*
**СЫРЛАСТЫРУ** *Сырластыр етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРЛАСУ[1]** *Сырлас[1] етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРЛАСУ[2]** *Сырлас[2] етістігінің қимыл атауы .*
**СЫРЛАТ=** ет. *Сыр, бояу жақтыру.*
**СЫРЛАТУ** *Сырлат етістігінің қимыл атауы.*
**СЫРЛАУ** *Сырла етістігінің қимыл атауы; бояу, сыр жағу.*
**СЫРЛАУШЫ** зат. *Бояу жағушы, бояушы.*
**СЫРЛЫ[1]** сын. *Бояу жапқан, боялған, сырланған.*
**Сырлы аяқ.** *Әдемі оюлары бар, сырланған аяқ.*
**Сырлы найза.** *Сабы боялған найза.*
**СЫРЛЫ[2]** сын. *Құпия сырға толы.*
**СЫРЛЫҚ=** ет. *Сытылу, құтылу.*
**СЫРЛЫЛЫҚ** сын. *Ішкі сырға бай болушылық, сыршылдық.*
**СЫРМА[1]** сын. *Арасына жүн немесе мақта салып яки жай ғана сырыған (киім).*
**Сырма шалбар.** жерг. *Арасына мақта салып, сырып жасалған шалбар.*
**СЫРМА[2]** зат. *Қарлы борасын, сусымалы бұрқақ.*
**Сырма боран.** *Сырма.*
**СЫРМА[3]** зат. *Темірден яки пластмассадан жасалған, түйме орнына киімге пайдаланатын бұйым.*
**СЫРМА[4]** зат. жерг. *Шөп жинайтын құрал.*
**СЫРМАДАЙ** сын. *Қарлы борасын сияқты.*
**СЫРМАЙ** зат. *Полимерлену нәтижесінде және ауадағы оттектің әсерінен тотығып, оңай кебетін өсімдік майы, олифа.*
**СЫРМАҚ** зат. этн. **1.** *Түрлі түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған қалың киіз.* **2.** жерг. *Ішіне мақта салып, сырып істелген шапан.*
**Сырмақ сырды.** *Сырмақ жасады.*
**СЫРМАҚША** зат. *Кішкене, шағын сырмақ.*
**СЫРМАҚШЫ** зат. *Сырмақ жасаушы, сырмақ оюшы.*
**СЫРМАЛА=** ет. *Сырып тігу.*
**СЫРМАЛЫ** сын. *Сырып тігілген, сырмаланған.*
**Сырмалы астар.** *Жүннен, мақтадан не бұларды араластырып сырып, сырт киімдердің астарына мақта орнына пайдаланылатын материал.*
**СЫР-МҰҢ** зат. *Ішкі ой-сезім мен қайғы-шер.*
**Сыр-мұңдары жарасқыш.** *Құпиялары бір, әңгімелері ортақ, мұңдас, сырлас.*
**СЫРМІНЕЗ** сын. *Әртүрлі іс-әрекетіне қанық, мінезі белгілі, сыралғы.*
**СЫРНА** зат. сөйл. *Сырнай сөзінің қысқа түрі.*
**СЫРНАЙ[1]** зат. **1.** *Ауызбен үрлеп ойнайтын, құрайдан, ағаштан жасалатын музыкалық аспап.* **2.** муз. *Қазақтың үрмелі музыкалық аспаптарына байланысты қолданылатын жалпы атау.*

**СЫРНАЙ**[2] зат. сөйл. ***Гармонь.***

**СЫРНАЙ-КЕРНЕЙ** зат. *Сазды үн шығаратын үрмелі музыкалық аспаптар.*

**СЫРНАЙЛАТ=** ет. *Сырнай тарту, сырнайға қосылып думандату.*

**СЫРНАЙЛАТУ** *Сырнайлат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРНАЙЛЫ** сын. **1.** *Сырнайы бар.* **2.** ауыс. *Үнді, сазды, қоңыраулы.*

**СЫРНАЙША** үст. *Сырнай сияқтанып, сырнай тартқандағыдай.*

**СЫРНАЙШЫ** зат. *Сырнай ойнаушы; гармоньшы.*

**СЫРНАУ** сын. жерг. *Тегіс те айқын (жол).*

**СЫР-СИПАТ** зат. **1.** *Бір нәрсенің болмысы, табиғаты, жалпы қасиеті.* **2.** *Мән-жай, жай-жапсар.*

**СЫРП-СЫРП** елік. *Аяқкиімді сүйрете басып, сырпылдатқанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Сырп-сырп басты.** *Аяқкиімін сүйрете басып, тырпылдатты.*

**СЫРПЫЛ** зат. *Сырп-тырп еткен дыбыс.*

**СЫРПЫЛДАҚ** сын. *Сиырдың жаңа тастаған қоймалжың жапасы.*

**СЫРПЫЛДАТ=** ет. *Аяқкиімді сүйрете басып, тырпылдата жүру.*

**СЫРСЫЗ**[1] сын. *Сыршылдығы жоқ, сыршыл емес.*

**СЫРСЫЗ**[2] сын. *Бояу жағылмаған, боялмаған, бояусыз.*

**СЫР-СЫЛАУ** зат. *Жағылған сыр, бояу, сылақ.*

**СЫР-СЫМБАТ** сын. **1.** *Көрік, сымбат.* **2.** *Түр, ажар.*

**СЫР-СЫР** елік. *Сырылдаған дыбысты білдіретін сөз.*

**Кеудесі сыр-сыр етті.** *Көкірегі сырылдады, сырылдаған дыбыс шықты.*

**СЫРТ**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің ішіне қарама-қарсы жағы; тыс.* **2.** ауыс. *Адамның сыртқы тұлғасы, түрпаты.* **3.** *Бір нәрсенің, заттың, бұйымның мүсіні, кескіні.* **4.** *Басқа жер, тыс, түз.* **5.** *Алыс жер, аулақ, сырт жақ.* **6.** *Бөтен, жақын емес адамдар.* **7.** *Дала, аула, үйдің іші емес.* **8.** *Ауыл, қыр, далалық.* **9.** *Нақты бір мекеннің айналасы, сырт жағы.*

**Сырт адам [кісі].** *Бөгде кісі, бөтен адам.* **Сырт айналды.** а) *Бұрылып кетті, теріс қарады.* ә) *Сенген, жақын деген адамның өзі аулақтады, шеттеді.* **Сырт берді.** а) *Теріс қарады, қарамады.* ә) *Араз болды, өкпеледі, ренжіді.* **Сырт буын.** *Сырттап қалған, жат, бөтен.* **Сырт буын тартты.** *Сартаптанып қалды, ашыла алмады.* **Сырт дүние.** *Қоршаған орта; түз.* **Сырт естуі.** *Басқалардан аңғаруы, бөгде біреудің айтуы.* **Сырт көзінен танытты.** жерг. *Сыртынан, сырт бейнесінен байқатты.* **Сырт кісі.** *Бөтен, бөгде адам.* **Сыртқа жайды.** *Бүкпеді, бәрін ашық айтып берді.* **Сырт қалды.** *Шеттеп қалды, еленбеді.* **Сыртқа тепті.** а) *Шеттетті, алыстатты.* ә) *Атқақтады, сыймады, арнасынан асты.* **Сыртқа шығарды.** *Ойын, ішкі сырын, сезімін жария етті, әйгіледі.* **Сыртқа шықты.** *Ашық жауласты.* **Сырт пішіні.** *Сыртқы түрі.* **Сырттағы ел.** *Былайғы жұрт, сырт көз.* **Сырттан [сыртынан] тон пішті.** *Анық-қанығына көзі жетпей, құр долбарлады.* **Сырттан ғашық болды.** *Көрмей тұрып ұнатты, сүйіп қалды, сыртынан өзіне білдірмей ұнатты.* **Сырттан таңылды.** *Өз елі, өз адамы емес, бөгде, бөтен жұрттың айтуы, ат қоюы туралы.* **Сырт хабар.** *Біреу арқылы естілген, бөгде хабар.* **Сырт халық.** *Шетел, бөтен, жат жұрт.* **Сырты абыз, іші желғабыз.** *Сырттай білгіш көрініп жүретін, қуыскеуде.* **Сырты ащы, іші тәтті.** *Сырттай қатал, тік болғанмен, түбін ойлағанда пайдасы мол кісі (мінез, сөз т.б.) туралы айтылады.* **Сырты бүтін, іші түтін.** *Сыртқа білдірмегенімен көңілі жарым, мұңлы, шерлі, жаны жабырқау, жаралы.* **Сырты дос.** *Жалған, өтірік жолдас.* **Сырты [сыртымен] жылтырады.** *Өзін жақсы қылып көрсетіп, көлгірсіді.* **Сырты сау, іші науқас.** *Сырттай дұрыс көрінгенмен, тұрмыс-тіршілігі нашар.* **Сырты – сопы, іші – арам.** *Сырт көзге адал, жазықсыз көрінгенмен, ішкі ойы бұзық, теріс.* **Сырты сұлу.** *Санасы тімен, парасаты жоқ, тек бет-әлпеті ғана жылтыраған.* **Сырты таза.** *Ақ, адал болып көріну.* **Сыртымен жылтырады.** *Көлгірсіді, арам ойын сездірмеуге тырысты.* **Сыртымен құрмет қылды.** *Бергі жағымен, жалған қошемет жасады.* **Сыртына шығармады.** *Сыр бермей іште сақтады; ішінен тынды.* **Сыртыңды көрсет.** сөйл. *Кет, үйден шық.* **Сыртын бояды.** *Жақсы болып көрінуге тырысты.* **Сыртын жылтыратты.** *Әдеміледі, сәндеді.* **Сыртын суық ұстады.** *ұшін бермеді, сыр алдырмады.* **Сыртын тосты.** *Сөйлескісі, араласқысы келмеді.*

**СЫРТ**[2] зат. геогр. *Жалпақ жонды қыраттар.*

**СЫРТ**[3] елік. *Қатты заттың бір-біріне соғылғандағы сағат тілінің тысырына ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

**Сырт етті.** *Сыртылдады, тырс етті.*

**СЫРТДӘН: Сыртдән ит жүзім.** өс. *Асқабақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің тамырында улы заттек бар бір түрі.*

**СЫРТБАҚАЙ** сын. қарап. *Адамға үйір емес.*

**СЫРТБАҚАЙЛАН=** ет. сөйл. *Оңашалану, оқшаулану.*

**СЫРТКИІМ** зат. *Пәлте, плащь, тон сияқты суық, жаңбырлы, салқын күндері бойкиімнің сыртынан киетін киім.*

**СЫРТКИІМДІК** сын. *Сырткиім тігуге арналған.*

**СЫРТКӨЗ** зат. *Бөтен, бөгде кісі, өзге жұрт, айнала.*

**СЫРТҚАБЫҚ** зат. биол. <грек. ekto – сыртқы, derma – тері> *Гаструла сатысындағы ұрықтың сыртқы клеткалар қабаты, яғни сыртқы ұрықтық жапырақшасы.*

**СЫРТҚАБЫҚША** зат. бот. *Жасыл жапырақтардың және бірінші жылы пайда болған өркеннің сыртқы жұқа қабықшасы.*

**СЫРТҚАЛТА** зат. *Киімнің сыртына тігілетін қалта.*

**СЫРТҚАРҒЫ** үст. сөйл. ***Сыртқары.***

**СЫРТҚАРЫ** үст. *Тысқары, шеткері.*

**СЫРТҚАРЫЛАУ** сын. *Тысқарырақ, шеткерілеу.*

**СЫРТҚАСЫҚ** зат. жерг. *Үлкендеу келген сырлы ағаш қасық.*

**СЫРТҚЫ** сын. **1.** *Өзінен тыс; іші емес.* **2.** *Сырт жақтағы; бөтен, бөгде.* **3.** *Шетелдік, халықаралық.* **4.** *Айнала, қоршаған.*

**Сыртқы белгі.** *Көрініп тұрған, басы ашық өзгешеліктер.* **Сыртқы берешек.** қаржы. *Мемлекеттің шетел банктері мен басқа да қаржы мекемелеріне қарыз бен несие алуына байланысты туындайтын берешегі.* **Сыртқы борыш.** қаржы. *Халықаралық мемлекеттік несие алғанда пайда болатын мемлекеттік борыш түрі.* **Сыртқы драйвер.** инф. *Компьютердің стандартты құрылғыларынан тыс ерекшеліктерін басқаратын бағдарлама.* **Сыртқы дүние.** *Айнала, қоршаған орта.* **Сыртқы жалтылдақ.** *Көзбояушылық.* **Сыртқы интерфейс.** инф. <ағыл. frontend interface> *Ішкі жүйенің сыртқы объектілермен (пайдаланушымен, есептеу желісімен) әрекеттестігінің құралдары мен ережелері.* **Сыртқы қарыз.** экон. *Халықаралық несиенің негізгі нысаны; шетелдік кредиторлардан алынған немесе шетелдік қарыз алушыға берілген қарыздар.* **Сыртқы модем.** инф. *Компьютер қорабынан тысқары, бөлек блок түріндегі модем.* **Сыртқы сауда.** экон. *Тауарлар мен қызмет көрсетулер әкетілімі (экспорты) мен әкелімінен (импортынан) тұратын елдер арасындағы сауда.* **Сыртқы сауда айналымы.** экон. *Елдің (елдер тобының) белгілі бір кезеңдегі экспорты мен импорты құнының сомасы.* **Сыртқы сауда бірлестігі.** экон. *Экспорт-импорт операцияларын және солармен байланысты қызмет түрлерін жүзеге асыратын шаруашылық есептегі ұйым.* **Сыртқы сауда мәмілесі.** экон. *Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортымен және импортымен, шығармашылық қызмет нәтижелерімен немесе оларды пайдалану құқығымен байланысты мәміле.* **Сыртқы сауда саясаты.** экон. *Белгілі бір елдің немесе елдер тобының сыртқы сауда қатынастарын дамыту жөніндегі экономикалық ұйымдастыру, саяси шараларының жүйесі.* **Сыртқы сауда фирмасы.** экон. *Тауарды экспортқа айтарлықтай шығаруға жағдайы бар өндірістік, ғылыми-өндірістік, сыртқы сауда және басқа бірлестіктердің құрылымында құрылатын дербес сыртқы экономикалық бөлімше.* **Сыртқы саясат.** саяси. *Мемлекеттің өзге мемлекеттермен саяси, экономикалық, әскери және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасының жиынтығы.* **Сыртқы саяси ведомство.** саяси. *Кез келген мемлекеттің, елдің сыртқы істер министрлігі.* **Сыртқы шығын.** экон. *Кәсіпорын басқа ұйымдарға (фирмаларға, кәсіпорындарға) немесе жалпы қоғамға аударатын өндіріс шығыны.* **Сыртқы істер.** саяси. *Мемлекеттің халықаралық, шетеларалық істеріне қатысты.* **Сыртқы істер министрлігі.** дипл. *Сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын және дипломатиялық қызмет органдарының бірегей жүйесін басқаратын орталық атқарушы билік органы.*

**СЫРТ-СЫРТ** елік. *Тырс-тырс, тысыр-тысыр еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**СЫРТТА** үст. *Түз, дала.*

**СЫРТТА=** ет. *Шеттеп кету, алыстау.*

**СЫРТТАЙ** үст. **1.** *Біреуден сұрап біліп, сырттан.* **2.** *Бетіне емес, сыртынан.* **3.** *Өндірістен қол үзбей (оқу).* **4.** *Сырт жағынан, сырт қарағанда.*

**Сырттай конформдылық.** псих. *Қасындағы адамдардың көңілін тауып, сынап-мінеуінен құтылу үшін олардың талап-тілегін орындаған кейіп танытқандық.* **Сырттай оқу.** пед. *Жоғары оқу орындарының өндірістен қол үзбей оқитын бөлімі.* **Сырттай ұрықтану.** биол. *Суда тіршілік ететін және көбейетін көптеген жануарларға (сақиналы құрттар, қосжақтаулы моллюскілер, тікентерілілер, ішектыныстылар, балықтардың көп түрлері, құйрықсыз қосмекенділер т.б.) тән ұрықтану түрі.*

**СЫРТТАН**[1] зат. **1.** *Тегі жақсы, қыраны, алғыр ит, қасқыр.* **2.** ауыс. *Күшті, мықты, қайратты адам.*

**СЫРТТАН**[2] зат. өс. жерг. *Құмда өсетін тамыры жуан әрі ұзын улы шөптесін өсімдік.*

**СЫРТТАНДЫҚ** зат. *Күштілік, қайраттылық, батырлық.*

**СЫРТТАНСУ** *Сырттансы етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРТТАНСЫ=** ет. *Мықтысыну, күштісіну.*

**СЫРТТАНСЫМАҚ** зат. *Өзін күштіге балайтын, қайратты боп көрінетін адам.*

**СЫРТТАТ=** ет. *Сыртқа тебу, жақын тартпау.*

**СЫРТТАТУ** *Сырттат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРТТАУ**[1] сын. *Шеткерірек, алыстау.*

**СЫРТТАУ**[2] *Сыртта етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРТТЫҚ**[1] зат. *Тон, ішік, шекпен сияқты киімдерді тыстайтын қалың мата.*

**Сырттық ішік.** жерг. *Түлкі ішік.*

**СЫРТТЫҚ**[2] зат. *Далалық, сырт жақ.*

**СЫРТТЫҚ**[3] зат. жерг. *Жетекті көтеріп тұратын, иыршақ арқылы өткізілетін қайыс.*

**СЫРТЫЛ** зат. *Тықылдап, сырт етіп естілген дыбыс.*

**СЫРТЫЛДА=** ет. *Сырт-сырт ету, тырсылдаған дыбыс шығару.*

**СЫРТЫЛДАҚ**[1] сын. *Тырсылдақ, сытырлақ.*

**СЫРТЫЛДАҚ**[2] зат. *Кнопкалы түйме.*

**СЫРТЫЛДАТ=** ет. *Тырсылдату, сырт-сырт еткізу.*

**СЫРТЫЛДАТУ** *Сыртылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРТЫЛДАУ** *Сыртылда етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРТЫНАН** үст. *Бетіне, өзіне емес, сырттай.*

**Сыртынан әңгіме қылды.** *Өсектеді, бетіне емес, сырттай сөз қылды.* **Сыртынан бақты.** *Қалай болады екен деп байқастады.* **Сыртынан дұшпан сескенді.** *Қаһарлы, айбынды, айбарлы батыр тұлғасы туралы.* **Сыртынан естимін.** *Біреумен жақын таныс-білісім жоқ, өзгелердің айтуына қарағанда деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Сыртынан есітті.** *Ізінен емес, басқа біреулер арқылы естіп білді.* **Сыртынан күлді.** *Мысқылдады, мазақ етті.* **Сыртынан күңкіл жасады.** *Көзінше айтпай, сырттай ренішін білдірді, сөз таратты, өсек айтты.* **Сыртынан мақтанды.** *Өзі жоқ жерде, жақсылығын айтты, сүйсіне айтты.* **Сыртынан малданды.** *Қолы ештемеге жетпесе де, көңілін тоқ ұстады.* **Сыртынан өсектеді.** *Бетіне айта алмай, сыртынан өсекке қосты, сөз етті.* **Сыртынан сатып кетті.** *Жалған дос болып, опасыздық жасады.* **Сыртынан семірді.** *Сырттай мәз болды, сырттай малданды.* **Сыртынан табалады.** *Көре алмайтынын білдірді, сол керек деді.* **Сыртынан [сырттан] тон пішті.** *Анық-қанығына көзі жетпей, құр долбарлады.*

**СЫРУ**[1] зат. қолөнер. *Арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі.*

**СЫРУ**[2] *Сыры етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРША** зат. жерг. *Үй төбесіне салатын жіңішке ағаштар.*

**СЫРШЫ**[1] зат. *Бояушы, сыр жағушы.*

**СЫРШЫ**[2] зат. *Сыр айтқыш, тыңдағыш адам.*

**СЫРШЫЛ** сын. **1.** *Сырға толы, нәзік (қасиет).* **2.** әдеб. *Көңіл-күй, эмоция, сезімге бай, лирикалық.*

**СЫРШЫЛДЫҚ** зат. **1.** әдеб. *Көңіл күй, эмоция, нәзік сезім жырланатын өлең сипаты.* **2.** *Нәзіктік, сезімталдық.*

**Сыршылдық өлең.** *Лирикалық өлең.*

**СЫРЫ**[1]**=** ет. *Жиі етіп, бастырып тігу.*

**СЫРЫ**[2]**=** ет. **1.** *Кері жиырып тастау, ысыру.* **2.** *Сызып кету, сыдыру.*

**СЫРЫҚ**[1] зат. этн. *Қазақ үйдің киізін жөндеуге, жауынды күні үйдің бір бұрышын тіреуге, түндікті көтеріп ашуға арналған жуанырақ ұзын ағаш.*

**Сырық бойлы.** *Арықша келген, ұзын бойлы.* **Сырық ойнатып, сырмағын жүндей түтті.** *Шауып алды, ойрандады.*

**СЫРЫҚ**[2] зат. жерг. кәс. *Арық қазушыларға өлшеп берілген жер мөлшері.*

**СЫРЫҚАТТАМАС** зат. этн. жерг. *Қыз ұзатқанда жеңгелерінің күйеуден алатын кәдесі.*

**СЫРЫҚТА=** ет. *Сырықпен ұру, таяқтау.*

**СЫРЫҚТАЙ** сын. *Ұзын, сидиған.*

**СЫРЫҚТАП** үст. *Сырықпен өлшеп, мөлшерлеп.*

**СЫРЫҚША** зат. *Кішірек сырық.*

**СЫРЫҚШЫ** зат. жерг. *Жер өлшеуші.*

**СЫРЫЛ** зат. *Сыр-сыр еткен, сырылдаған дыбыс.*

**СЫРЫЛ**= ет. **1.** *Ысырылу, сыргу.* **2.** ауыс. *Жоғалу, өшу, құру.*

**СЫРЫЛДА=** ет. **1.** *Демалғанда өкпе ауруынан сырылдаған дыбыс шығару, сыр-сыр ету.* **2.** *Шалғы, орақтың шөпті сыр-сыр еткізіп қиюы, шабуы.*

**СЫРЫЛДАҚ** зат. *Сыр-сыр еткен дыбыс, үн.*

**СЫРЫЛДАТ=** ет. *Сыр-сыр еткізу, сырылдаған дыбыс шығарту.*

**СЫРЫЛДАТУ** *Сырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРЫЛДАУ** *Сырылда етістігінің қимыл атауы; сырылдаған дыбыс шығару.*

**СЫРЫЛДАУЫҚ** зат. көне. *Дабыл қағатын құрал.*

**СЫРЫЛУ** *Сырыл етістігінің қимыл атауы.*

**СЫРЫМАЛЫ** сын. сөйл. *Сырып тігілген, сырмалы.*

**СЫРЫМТА** зат. этн. *Қарымта қайтару, жасырын жолмен есе алу әрекеті.*

**СЫРЫСТЫР=** ет. *Ысырыстыру, жинау.*

**СЫТҚЫ** зат. зоол. <лат. monodon monoceros> *Кит тектестер отряды дельфиндер тұқымдасына жататын сүтқоректі.*

**СЫТЫ=** ет. **1.** *Жылыстау, шығып кету.* **2.** *Сәл жыртып кету, сету.*

**Сытып алды.** жерг. *Балықты аудан қолмен алу.*

**СЫТЫҚ: сытық ине.** *Көзі сынған не жырылып кеткен ине.*

**СЫТЫЛ=** ет. *Жылп етіп шығып кету, жылыстау, құтылу.*

**Сытылып шықты.** *Жылыстап барып, құтылып кетті.*

**СЫТЫЛУ** *Сытыл етістігінің қимыл атауы; жылыстау, қашу.*

**СЫТЫР** еліk. **1.** *Сүйек, буынның орнынан тайғанда, сынғанда шығатын дыбысын білдіретін сөз.* **2.** *Тырс еткенді білдіретін сөз.*

**Сытыр етті.** *Сытырлап сынды, сыртылдады.*

**СЫТЫРЛА=** ет. *Сыртылдау, сырт-сырт ету, тысырлау, шытырлау.*

**СЫТЫРЛАТ=** ет. *Шырт-шырт еткізу, сытыр-сытыр еткізу, тысырлату.*

**СЫТЫРЛАТУ** *Сытырлат етістігінің қимыл атауы.*

**СЫТЫРЛАУ** *Сытырла етістігінің қимыл атауы.*

**СЫЯЗ** [ор. съезд] зат. тар. *Революциядан бұрынғы қазақ сахарасындағы дау-шарды, қылмысты істерді қарап, билік айтатын үлкен жиналыс.*

**СЫЯҚ** зат. сөйл. *Сиық, түр.*

**СЫЯҚАТТЫ** шыл. сөйл. *Сияқты, секілді, тәрізді.*

**СЫЯПА** зат. сөйл. *Сыйлық, сыяпат.*

**СЫЯПАТ** [ар. ضيافة] зат. *Сый, құрмет, мәзірет.*

**СЫЯПАТТЫ** сын. **1.** *Қадірлі, құрметті, сыйлы.* **2.** *Келбетті, келісті, сымбатты.*

**СЫЮ** *Сый етістігінің қимыл атауы.*

**СІБЕ-СОЛАҢ** зат. этнон. *Халық аты.*

**СІБЕЛЕС=** ет. *Сөз таластыру, көндікпеу.*

**СІБЕР**[1] зат. жерг. *Шөп.*

**СІБЕР**[2] сын. жерг. *Сәнқой, тәкаппар, өркөкірек.*

**СІБІР: сібір балқарағайы.** өс. <larix sibirica>. *Биіктігі 30 метрдей, қыста түсіп қалатын қылқан жапырақтары ши тәрізді жұмсақ, қарағай тұқымдасына жататын өсімдік.* **Сібір бұрыштістісі.** зоол. <лат. hynobiuskeyserlingi>. *Құйрықтылар отряды бұрыштістілер тұқымдасы қосмекенділерінің Қазақстанда тараған түрі.* **Сібір жанаргүлі.** өс. <лат. adonis sipiricus> *Ірі гүлді сарғалдақ тұқымдасы жанаргүл туысына жататын шөптесін өсімдік.* **Сібір сасыққекіресі** өс. <лат. tournefortia> *Айлауық тұқымдасына жататын бүтін жиекті сағақсыз жапырағы кезектесіп орналасқан көпжылдық шөптесін өсімдіктің Қазақстанда кең тараған бір түрі.*

**СІБІРЛЕ=** ет. **1.** *Таңның бозарып атуы; жарық түсу.* **2.** *Сіркіреу, себезгілеу (жаңбыр).*

**СІБІРЛЕУ** *Сібірле етістігінің қимыл атауы; таң бозарып ату.*

**СІБІРЛІК** сын. *Сібірге тән, Сібірде өсетін, мекендейтін.*

**Сібірлік қылды.** жерг. *Сібірге жер аударды.* **Сібірлік шетен.** өс. <лат. sibirica hedl> *Биіктігі 3-10 метр ағаш.*

**СІБІРТКІ** зат. жерг. *Сыпыртқы.*

**СІДЕТ** зат. *Міндет.*

**Сідет етті [қылды].** *Міндет қылды, сылтау етті.*

**СІДІК** зат. қарап. **1.** *Адам, ит, малдың кіші дәреті.* **2.** жақтырмау. *Арақ, ішімдік.*

**Сідігі бір, жатыры басқа.** кекесін. *Әкесі бір, шешесі басқа балалар туралы.* **Сідігін бетіне шашқан [шыққан].** дөрекі. *Тез ашуланғыш, долы, орынсыз ашу көрсететін адам туралы айтылады.* **Сідігіңе дарысын.** көне. *Әйелің жүкті болсын, перзентті бол деген мағынадағы тілек.*

**СІДІКШАПТЫРЫМ: сідікшаптырым жер.** қарап. *Тиіп тұрған, өте жақын қашықтық.*

**СІЗ** есім. *Сен есімдігінің сыпайы түрі.*

**СІЗ-БІЗ** үст. *Бәрі бірге, ортақтасып.*

**Сіз-біз болды.** *Тату-тәтті ынтымақта тұрды.*

**СІЗ-БІЗДЕП** үст. сөйл. *Өзара сыйласып, әдептілік сақтап, артыққа бармай.*

**СІЗДЕЙ** сын. *Сіз сияқты, сіз тәрізді.*

**СІЗДЕЙІН** сын. *Сізше, сіз сияқты.*

**СІЗДІК** сын. *Сізден шыққан, сізден туған, сізге тән.*

**СІЗСІЗ** үст. *Сіз болмағанда, сіз жоқ жерде.*

**СІЗШЕ** үст. *Сіздің ойыңызша, сізге салса.*

**СІЛӘН** зат. сөйл. *Сиыршы, кедей-жатақтардың үйі.*

**СІЛБІ**[1] зат. *Баяулатып ұзақ жауған жауын-шашын.*

**СІЛБІ**[2] зат. *Өрмекшінің өрнегін тоқуға керекті талшық зат.*

**СІЛБІ**[3] зат. *Жас асау түйелердің мұрнына өткізілген бұлдіргі, қыл жіп.*

**СІЛБІ**[4] зат. *Көктемгі көбең кезең.*

**СІЛБІ**[5] зат. жерг. *Жұқа мұз, кілегей мұз.*

**СІЛБІЛЕ=** ет. *Қардың, жаңбырдың баяу, ұзақ жауауы.*

**СІЛБІРМҰЗДАҚ** зат. *Жаңа жауған қардың еріп барып мұз болып қатып қалған кезі, көктайғақ.*

**СІЛЕ**[1]**: сілесі қатты.** *Қатты шаршады, болдырды, діңкеледі.*

**Сілесі қатты.** *Әбден шаршады, қалжырады, сілікпесі шықты.* **Сілесі қатып [тас болып] ұйықтады.** *Қатты ұйықтады, түк сезбей ұйықтады.* **Сілесі құрыды.** *Қатты шаршап шалдықты.* **Сілесін қатырды.** *Әбден әуреледі, шаршатты.*

**СІЛЕ**[2] зат. *Қарғыс, нала.*

**Сілесіне қалды**. *Қарғысына ұшырады.*

**СІЛЕ**[3] зат. жерг. *Жұқа ақ мата, дәке.*

**СІЛЕ**= ет. *Қарғау, қарғыс айту.*

**СІЛЕГЕ** зат. *Қоралардың төбесіне үйген шөпті боран ұшырып кетпеу үшін үстінен кесе-көлденең тастайтын ағаш бастырық.*

**СІЛЕГЕДЕЙ** сын. *Жұп-жұмыр, әдемі.*

**СІЛЕГЕН** зат. жерг. *Арқалық, мәтке.*

**СІЛЕЙ=** ет. *Мелшиіп қатып қалу, қалшию.*

**Сілейіп жатты**. *Қозғалмады, қатты соққыдан тұралап қалды.*

**СІЛЕЙТ=** ет. **1.** *Ұру, сұлату, әбден соғу, көзін құрту.* **2.** *Есінен тандыру, қатыру.*

**Сілейтіп салды.** а) *Қатты сынады, аузын аштырмады.* ә) *Таяққа жықты.*

**СІЛЕЙТУ** *Сілейт етістігінің қимыл атауы; ұру, сұлату.*

**СІЛЕЙІС=** ет. *Бір-біріне қарап мелшию, естен тану, үндей алмай қалу.*

**СІЛЕЙІСУ** *Сілейіс етістігінің қимыл атауы.*

**СІЛЕКЕЙ** зат. *Адамның немесе хайуанның ауыз қуысынан сілекей бездері арқылы бөлініп шығатын созылмалы, түссіз, иіссіз сұйықтық.*

**Сілекей бездері**. анат. <лат. glandulae salivales> *Ауыз қуысына сілекей бөлінетін экзокринді бездер.* **Сілекей сірне.** этн. *Үйірлі жылқысынан жылқы берерде қылы мен сілекейін ұзіп алып, өзіне сақтап қоятын ырым.* **Сілекейін алып қалды**. этн. *Біреуге берген малдың сілекейін дәулетім ауыспасын деген ырыммен өз киімінің жағасына жағу салты.* **Сілекейі шұбырды.** а) *Қарны ашып немесе жеңсік асты көріп, жегісі келді, құмартты.* ә) *Таңғалды, таңырқады, тамсанды.* **Сілекейін шұбыртты.** *Қарны ашты, іші шұрылдады.*

**СІЛЕКЕЙЛЕ=** ет. **1.** *Сілекеймен сулау.* **2.** *Сілекейін жағу.*

**СІЛЕКЕЙЛЕН=** ет. *Сілекейі көбею, шығу.*

**СІЛЕКЕЙЛЕНУ** *Сілекейлен етістігінің қимыл атауы.*

**СІЛІКПЕ** зат. өс. *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық екпе шөп.*

**СІЛЕЛЕ=** ет. *Сілесі қатып шаршау, болдыру.*

**СІЛЕЛЕН=** ет. *Қатты шаршау, болдыру.*

**СІЛЕЛЕНУ** *Сілелен етістігінің қимыл атауы.*

**СІЛЕЛЕТ=** ет. *Шаршату, болдырту.*

**СІЛЕЛЕТУ** *Сілелет етістігінің қимыл атауы.*

**СІЛЕМ** зат. **1.** *Ұзынынан ұзын созылып жатқан тау жоталарының аласарып бітер, таусылар жері, жалғасы.* **2.** ауыс. *Жалғасы, аяғы, сарқыншағы.*

**СІЛЕМДЕ=** ет. *Тарамысты жалғап, ширату.*

**СІЛЕМДЕЙ** сын. *Сілем тәрізді.*
**СІЛЕМДЕН=** ет. *Сабақтаса жалғасу, созылу.*
**СІЛЕМДЕНУ** *Сілемден етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛЕМДЕС** сын. *Бір-бірімен жалғас, сабақтас.*
**СІЛЕМДІ** сын. *Жалғасып жатқан, тұтасқан, созылған.*
**СІЛЕМЕЙ** зат. сөйл. ***Сілекей.***
**СІЛЕМЕЙЛЕ=** ет. *Сілекейлеу; сілекейін жағу.*
**СІЛЕМЕЙЛЕН=** ет. *Былжырау, сілекейлену.*
**СІЛЕМЕЙЛЕНУ** *Сілемейлен етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛЕМЕЙЛЕУ** *Сілемейле етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛЕМЕЙЛІ** сын. *Сілекей тәрізді шұбалған.*
**СІЛЕМІРЛЕ** үст. *Бірте-бірте, жаңа-жаңа.*
**СІЛЕН=** ет. *Ант су ішу, қарғану.*
**СІЛЕТ**[1] зат. сөйл. *Сылтау, міндет.*
**Сілет қылды.** *Міндет қылды, міндетсіді.*
**СІЛЕТ** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**СІЛЕТСІЗ** сын. *Міндет көрмейтін, жақсылығын сатпайтын.*
**СІЛЕУ** зат. *Қарғыс, қарғап-сілеушілік, нала.*
**СІЛЕУСІН** зат. зоол. <лат. lynx> *Құйрығы шолақ, құлақтары ұзын, ұшы ұшкір, ұшында аздаған шашағы бар, түгі қалың әрі ұзын, мысық тектес жыртқыш аң.*
**Сілеусін көз.** *Өткір; тайсалмайтын көз.*
**Сілеусін тон.** этн. *Сілеусін терісін беттестіріп тіккен тон.*
**СІЛЕЮ** *Сілей етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛКУ** *Сілкі етістігінің қимыл атауы; сілкілеу, сілтеу.*
**СІЛКІ=** ет. **1.** *Шаң, балшық, қар т.с.с. қағып түсіру, сілкілеу.* **2.** ауыс. *Серпу, ысыру.* **3.** паралингв. *Жақтырмай «қойшы» дегенді қолын сермеп білдіретін қимыл-ишарат жасау.* **4.** *Ұрсу, кею, сөгу.*
**СІЛКІЛЕ=** ет. **1.** *Ары-бері қозғау, қайта-қайта жұлқылау.* **2.** паралингв. *Қол алып амандасқанда, ықылас білдіргенін, қуанғанын қолды қатты қысу арқылы білдіріп, қимыл-ишарат жасау.* **3.** ауыс. *Кемшілігін айтып ұрсу, сөгу.* **4.** ауыс. *Дем беру, ояту.*
**СІЛКІЛЕН=** ет. *Қозғалу, ояну.*
**СІЛКІЛЕНУ** *Сілкілен етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛКІЛЕС=** ет. **1.** *Қол алысып амандасқанда, қолды қатты қысысу арқылы қуанғанын білдірісу.* **2.** ауыс. *Ұрсысу, сөзге келісу.* **3.** *Алысу, жұлқыласу.*
**СІЛКІЛЕСУ** *Сілкілес етістігінің қимыл атауы; алысу.*
**СІЛКІЛЕУ** *Сілкіле етістігінің қимыл атауы; сынға алу, сөгу.*
**СІЛКІН=** ет. **1.** *Қар, жаңбырдан ағаш бастарының ауырсынып, қозғалуы.* **2.** *Қағыну, шаңын кетіру.* **3.** ауыс. *Өз-өзіне қайрат-жігер беріп ширығу, қатулану.* **4.** *Құстың бүкіл денесімен дүр етуі.* **5.** *Жылқы малының шабар, мінер алдында бүкіл денесімен дүр етуі.* **6.** ауыс. *Жұлқыну, ұрсу, ашулану.* **7.** ауыс. *Ояну, өзін-өзі қолға алу, іске кірісу.*
**Сілкініп бір сөйледі**. *Ашына айтты.*
**СІЛКІНГІШ** сын. *Сілкіне беретін.*
**СІЛКІНГІШТІК** зат. геол. <грек. seismos> *Жер қойнауларының (тұтастай не жекелеген атыраптардың) жер сілкіну ошақтарын қалыптастыру қабілеті.*
**СІЛКІНДІР=** ет. **1.** *Қозғалдыру, сілку.* **2.** ауыс. *Көңіл көтеру, селт еткізу, дүрліктіру.* **3.** *Тітірету, қозғалдыру.*
**СІЛКІНДІРУ** *Сілкіндір етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛКІНТ=** ет. **1.** *Тітірету, қозғалту.* **2.** ауыс. *Ояту, дүрліктіру.*
**СІЛКІНТУ** *Сілкінт етістігінің қимыл атауы; тітірету, қозғалту.*
**СІЛКІНУ** *Сілкін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дүр ету.* **2.** ауыс. *Ояну, еңсе көтеру.*
**СІЛКІНІС** зат. **1.** *Еңсе көтеру, серпіліс.*
**СІЛКІҢКІРЕ=** ет. *Қағыңқырау, жұлқыңқырау.*
**СІЛКІҢКІРЕУ** *Сілкіңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛКІС=** ет. *Алысу, жұлысу.*
**СІЛКІСУ** *Сілкіс етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛКІТ=** ет. *Шаңын қақтырту.*
**СІЛКІТУ** *Сілкіт етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛТЕ=** ет. **1.** *Нұсқап жіберу, жол көрсету.* **2.** *Қылыш, қару жұмсау.* **3.** ауыс. *Еркін сөйлеу, жазу, бөгелмеу, іркілмеу.* **4.** ауыс. *Жөн көрсету, ұлгі, бағыт-бағдар беру.*
**СІЛТЕЛЕ=** ет. *Бір нәрсеге шыдай алмағанда, разы болмағанда қолды сілкілеп білдіру.*
**СІЛТЕМ** зат. *Бір сілкініп қалған сілкініс, серпіс.*
**СІЛТЕМЕ** зат. кіт. *Жазба еңбектердегі тақырыпты ашу үшін, пікірді дәйектеу үшін басқа еңбектен алынған үзінді.*
**СІЛТЕН=** ет. **1.** *Доғар дегенді білдіру үшін қимыл-ишарат жасап қол сермеп, серпіну.* **2.** *Қару жұмсау.*
**СІЛТЕНУ** *Сілтен етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛТЕҢКІРЕ=** ет. **1.** *Асырыңқырап жіберу, артығырақ кету.* **2.** *Ішімдікті көбірек ішіп қою.*
**СІЛТЕҢКІРЕУ** *Сілтеңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛТЕС=** ет. *Жұлқысу, қозғалтысу.*
**СІЛТЕСУ** *Сілтес етістігінің қимыл атауы; бір-біріне қару жұмсау.*
**СІЛТЕТ=** ет. *Жол, бағыт көрсеттіру.*
**СІЛТЕТУ** *Сілтет етістігінің қимыл атауы.*
**СІЛТЕУ** *Сілте етістігінің қимыл атауы; нұсқау, жол көрсету.*
**Сілтеу есімдігі.** лингв. *Әр алуан құбылыстың жақындық я алыстық сияқты аралық қатысын білдіретін сөздер.*
**СІЛТЕУШІ** зат. *Бағыт-бағдар беруші, жол көрсетуші, нұсқаушы.*
**СІЛТЕУІШ** зат. инф. *Бас менюдегі «іске қосу» батырмасы арқылы жүктелетін, дискілердегі файл жүйесінің бұтақтәріздес құрылымын аралап көріп, ондағы мәліметпен жұмыс істеуді және компьютер құрылғыларын тағайындау, орнату істерін жүзеге асыратын жүйелік бума; жүйеге қызмет ету программасы.*
**СІЛТІ** зат. **1.** хим. *Құрамына сутектік көрсеткіші 7-ден артық сулы орта түзіп, гидролизденетін ерімтал негіздер мен тұздар кіретін химиялық қосылыс.* **2.** жерг. *Сабан күлін суға қайнатып тұндырып алғаны.*
**Сілтіге салған сүйектей.** *Боп-боз, қуарған.*
**Сілтіден шыққандай.** *Қуарған, бозарған.*
**СІЛТІДЕЙ** сын. *Сілті сияқты.*
**Сілтідей тұнды.** сөйл. *Жым-жырт болды, тыныштық орнады; сілтідей тынды.* **Сілтідей тынды.** *Тып-тыныш болып, тына қалды, қозғалмады.*
**СІЛТІЛЕР** зат. хим. *Құрамына сутектік көрсеткіші 7-ден артық сулы орта түзіп, гидролизденетін ерімтал негіздер мен тұздар кіретін химиялық қосылыстар тобы.*
**СІЛТІЛЕУ** зат. хим. *Сілтілер көмегімен қатты минералдарды әртүрлі құрауыштарға ажыратып алудың гидрометаллургиялық әдісі.*
**СІЛТІЛІ** сын. хим. *Сілтісі бар, сілті қосылған.*
**СІЛТІЛІК** зат. *Сілтіге тән.*
**Сілтілік металдар**. хим. *Элементтерің периодтық жүйесіндегі I топтың негізгі топшасында орналасқан химиялық элементтер, литий, натрий, калий, рубидий, цезий, франций.*
**СІЛТІСІЗДЕНДІРУШІ** зат. хим. *Сілтілік қасиеттен айырушы.*
**СІЛТІШЕ** зат. хим. *Қатты қоспалардан кейбір құраушыларды бөліп алуға арналған сұйық белсенді агент.*
**СІЛІК=** ет. сөйл. ***Сілкі.***
**СІЛІКПЕ**[1] зат. тамақ. **1.** этн. *Жаңа сойылған қой, қозының етін солайымен қарынға салып, құмға көміп, үстіне от жағып пісіретін тағам.* **2.** *Ішінде ет немесе балық кесектері бар, қоюланған ет немесе балық сорпасы.*
**Сіліктпесі шықты.** а) *Көп қайнап, езіліп пісті, ылжырады.* ә) *Әбден қалжырады, титықтады.*
**СІЛІКПЕЛЕ**[1]**=** ет. **1.** *Жас төлдің етін жұмсақ етіп, езіп пісіру.* **2.** ауыс. сөйл. *Сөгу, жерден алып, жерге салу.*
**СІЛІМТІК** зат. *Итаршы, сүмелек.*
**Сілімтігі шықты**. *Көнетоз болды, тамтығы қалмады, бой-бой болып жыртылды.*
**СІЛІМТІКТЕН=** ет. *Сүмірею, сүмсию.*
**СІЛІМТІР** зат. *Бір нәрсенің ештеңеге жарамайтын қаңқасы; қалдық.*
**СІМЕР**[1] сын. жерг. *Таң, менмен, тәкаппар.*
**СІМЕР**[2] зат. жерг. *Шебер, ұста.*
**СІМСІК** сын. жерг. *Өсекшіл, арсыз, ұятсыз.*
**СІМІР=** ет. *Тоқтаусыз жұту, кідіріссіз ішу.*
**СІМІРТ=** ет. *Тоқтаусыз жұтқызу, кідіріссіз ішкізу.*
**СІМІРТУ** *Сіміpт етістігінің қимыл атауы.*
**СІМІРУ** *Сімір етістігінің қимыл атауы.*
**СІҢБЕ** сын. *Жауын-шашын суларының таужыныстардың жарықшақтары мен кеуектері арқылы сіңуінен пайда болған жерасты суы.*
**СІҢ=** ет. **1.** *Бір затқа судың енуі, сорылуы.* **2.** ауыс. *Кірігіп-бірігіп кету, етене болып араласу.*
**СІҢБІР=** ет. *Мұрынды сұқ саусақ пен бас бармақтың ұшымен ұстап, қатты дем шығару арқылы тазалау.*
**Сіңбіргеннен оңай**. *Оп-оңай, еш қиындығы жоқ.*
**СІҢБІРУ** *Сіңбір етістігінің қимыл атауы.*
**Сіңбіруге қол тимеді.** *Бос уақыты болмады, жұмысбасты болды.* **Сіңбіруге мұрша [мұрса] болмады [жоқ].** *Жұмысбасты болды; әддісі болмады.* **Сіңбіруге мұршасын келтірмеді.** *Уақыт тығыз, асығыс болды, мүмкіндік бермеді.*
**СІҢБІРІК**[1] зат. *Мұрын қуысынан ағатын сора.*
**Сіңбірігіңді сүрт.** кекесін. *Ержет, өз-өзіңе кел, есей.*
**СІҢБІРІК**[2] зат. жерг. *Сабағы жіңішке, ұзындығы 8-10 см., құмда өсетін өсімдік түрі [далалы, құмды, сортаңды жерлерде, өзен, арық бойларында өсетін, биіктігі 10-15 см-дей, біржылдық өсімдік].*
**СІҢБІРІК**[3] зат. өс. *Шитарының (немесе парсы-шайырының) бірі түрі.*
**СІҢБІРІН=** ет. *Мұрынды бас бармақ пен сұқ саусақтың ұшымен ұстап қатты дем шығару арқылы тазалау.*
**СІҢБІРІНУ** *Сіңбірін етістігінің қимыл атауы.*
**СІҢГІЗ** *Сіңдіру, сіңімді ету.*
**Судай сіңгізіп, тастай батырды**. *Пайдаланып, иемденіп кетті.*
**СІҢГІЗУ** *Сіңгіз етістігінің қимыл атауы.*
**СІҢДІ: сүйек сіңді әдет**. *Қалыптасқан дағды, үйреншікті іс.*
**СІҢДІР=** ет. *Судың, сұйықтықтың сорылуы.*
**СІҢДІРУ** *Сіңдір етістігінің қимы атауы; қабылдау, меңгеру.*
**СІҢДІРУ** зат. *Материалдардағы капиллярлар мен кеуектерді және әртүрлі құрылғылардың конструкциялық элементтеріндегі қуыстарды жоғары молекулалық шайырлар мен қосылыстар негізіндегі сұйық құрамалармен толтыру.*
**СІҢДІРІЛ=** ет. *Ендірілу, сорылу.*
**СІҢДІРІЛУ** *Сіңдіріл етістігінің қимыл атауы.*
**СІҢЛІ** зат. *Бірге туған қыздардың, жақын әйелдердің кішісі; жасы үлкен әйелдердің жасы кіші әйелге қарата қолданылатын атауы.*
**СІҢУ** *Сің етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір затқа судың, сұйықтықтың сорылуы, енуі.* **2.** *Атмосфералық және жерүсті суларының әртүрлі капиллярлық, субкапиллярлық кеуектер мен жарықшақтар арқылы топырақ пен таужыныстарға енуі.* **3.** *Заттардың жануарлар ұлпаларынан жасуша элементтері арқылы қан мен лимфаға өтуі.*
**СІҢІМДІ** сын. *Тез қорытылып, бойға жақсы тарайтын, жұғымды.*
**СІҢІМДІЛІК** зат. *Бойға жақсы тарайтындық, жұғымдылық.*
**СІҢІМСІЗ** сын. *Тез қорытылмайтын, бойға тарамайтын; жұғымсыз.*
**СІҢІР** зат. анат. <лат. tend – қатаю, созылып керілу> *Дене мүшелерін байланысты-*

*рып тұратын ақшыл сары мықты зат, бұлшық еттерді қаңқа сүйектеріне бекітетін бұлшық ет бөлігі.*

**Сіңір саусақ.** бейн. *Тарамыстай тартылған, жасы келген еңбекқор адамның арық саусағы.* **Сіңірін созды.** *Әбден титықтатты, шаршатты.* **Сіңірі қатқан.** *Әбден арықтап біткен.* **Сіңірі [ыңыршағы] шыққан.** *Түгі, ештеңесі жоқ, жұрдай.* **Сіңірі шыққан кедей.** *Ішер асқа, киер киімге жарымаған, хал-ауқаты әбден төмен.*

**СІҢІР**= ет. **1.** *Суды, сұйықты сору.* **2.** *Бойына қабылдау.*

**Сіңіре будандастыру.** малшар. *Тұқымы нашар, өнімі аз мал тұқымдарын жақсарту үшін тұқымы жақсы аталық малмен (айғыр, бура, бұқа, қошқар т.б.) шағылыстыру.*

**СІҢІРГЕН** зат. өс. *Құмда (Мойынқұмда, Қызылқұмда) өсетін, малға жұғымды шөптердің түрі.*

**СІҢІРГІШ**[1] зат. хим. *Газ және сұйық күйіндегі заттарды, ерітіндіде ерiген заттарды өзіне сіңіріп алғыш зат.*

**СІҢІРГІШ**[2] сын. *Сіңіруге бейім, сіңіріп алғыш.*

**СІҢІРГІШТІК** зат. *Сіңіруге бейімділік, сіңіріп алғыштық.*

**СІҢІРЛІ** сын. **1.** *Сіңірі мол, көп.* **2.** ауыс. *Әлуетті, жуан, мықты.*

**СІҢІРТ**= ет. **1.** *Ағзаға жақсы сіңдірілу, қабылдану.* **2.** ауыс. *Иемдендіру, меншіктендіру, пайдаланып кету.*

**СІҢІРТУ** *Сіңірт етістігінің қимыл атауы.*

**СІҢІРУ** *Сіңір етістігінің қимыл атауы.* **1.** геол. *Ылғалдың (сұйықтың) жерге сіңуі, атмосфералық жауын-шашынның ылғалы мен жер бетіндегі судың капилляр және субкапилляр жарықшақ арқылы топыраққа сіңуі.* **2.** *Атмосфералық және жер бетіндегі сулардың топыраққа, тау жыныстарының арасына өтуі мен ондағы қуыс түтікшелерімен ыза сулардың деңгейіне қарай қозғалуы.* **3.** ауыс. *Қабылдау, түйсіну.*

**Сіңіру талғамдығы.** хим. *Күрделі қоспаның құрауыштарының сіңіру сипаттамасы.*

**СІҢІРІЛ**= ет. **1.** *Ендірілу.* **2.** *Жіберілу, қосылу, қабылдану.*

**СІҢІРІЛГІШТІК** зат. хим. *Сорбция үдерісіне сорбат ретінде қатынасу қабілеттігі.*

**СІҢІРІЛУ** *Сіңіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СІҢІС**= ет. *Етене араласу, аралас-құралас болу.*

**СІҢІСТІ** сын. *Үйреншікті, дағдылы.*

**СІҢІСТІР**= ет. *Ендіру, кірістіру.*

**СІҢІСТІРУ** *Сіңістір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ендіру, енгізу.* **2.** *Етене араластыру, кірігу.*

**СІҢІСУ** *Сіңіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** геол. <лат. assimilatio> *Интрузиялардың жер қыртысына бірте-бірте енуі барысында интрузия магмаларына тән жоғары температуралар әсерінен жапсарлас таужыныстар бөлігінің балқуы және бұл балқымаларды магманың өз бойына сіңіріп алуы.* **2.** инф. *Өзара қиылысатын жазықтықтары бар графикалық объектілердің орналасуы.* **3.** *Ендірілу, меңгерілу.* **4.** *Етене араласу, аралас-құралас болу.*

**СІПСЕБАС** зат. өс. <лат. melica> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**СІРӘ** мод. *Дәуде болса, бәлкім.*

**Сірә да.** *Ешқашанда да, еш уақытта да, тіпті де, мүлде.*

**СІРГЕ** зат. этн. *Енесін емдірмеу үшін тана, торпақ, тайыншаның тұмсығын тесіп өткізіп қоятын істік ағаш.*

**СІРГЕЖИЯР** зат. этн. *Күдігүні бие ағытардан ең соңғы қымызға көрші-қолаңды шақыру кәдесі.*

**Сіргежияр қымыз.** *Бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз.*

**СІРГЕҚАРА** зат. өс. *Басы масақты аласа шөп.*

**СІРГЕМӨЛДІРЕТЕР** зат. этн. *Күздігүні бие ағытардан бұрын ең ақырғы қымызға көрші-қолаңын шақыру кәдесі.*

**СІРГЕЛЕ**= ет. *Енесін еміп қоймауы үшін тана, торпақ, тайыншаның тұмсығына сірге өткізу.*

**СІРГЕЛЕУ** *Сіргеле етістігінің қимыл атауы.*

**СІРГЕЛІ** сын. *Тұмсығында сіргесі бар, сірге өткізілген.*

**СІРГЕЛІК** зат. *Сірге өткізетін жер; мұрынның, тұмсықтың асты.*

**СІРЕ** сын. *Сіресіп қатып қалған (қар).*

**СІРЕ**= ет. *Тығыздалу, сіресу, қату.*

**Сіреп салды.** *Қатырып, сірестіріп тастады.*

**СІРЕЛЕ**= ет. *Сіреп салу, нығыздап толтыру.*

**СІРЕЛЕУ** *Сіреле етістігінің қимыл атауы.*

**СІРЕҢКЕ** зат. сөйл. ***Сіріңке.***

**СІРЕС**= ет. **1.** *Мұз болып қату, тоңазу.* **2.** *Икемге келмеу, қозғалмау; қақаю.* **3.** *Тығыздалу, тұтасу, топтасу.* **4.** ауыс. *Айтқанға көнбеу, қасарысу, ерегісу.*

**СІРЕС** зат. жерг. кәс. *Қамытқа байланатын кішкене ағаш пен кіндікті біріктіретін ағаш.*

**СІРЕСПЕ**[1] зат. мед. <лат. tetanus> *Зақымданған жүйке жүйесінен пайда болатын, бұлшық еттерді жиырып, сірестіріп тастайтын жұқпалы ауру.*

**СІРЕСПЕ**[2] сын. *Сіресіп, тығыз орналасқын.*

**Сіреспе аударма.** *Сөзбе-сөз аударма.*

**СІРЕСПЕЛІК** зат. *Сіресіп қалғандық.*

**СІРЕСТІР**= ет. *Қақайту, қозғалтпау, қақшиту.*

**СІРЕСТІРУ** *Сірестір етістігінің қимыл атауы.*

**СІРЕСТІРІЛ**= ет. *Нығыздалу, тұтасу.*

**СІРЕСТІРІЛУ** *Сірестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**СІРЕСУ** *Сірес етістігінің қимыл атауы; айтқанға көнбеу, қасарысу.*

**СІРЕСІҢКІРЕ**= ет. *Икемге келіңкіремеу, мұздап қалу.*

**СІРЕСІҢКІРЕУ** *Сіресіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**СІРЕУ** сын. *Тізеден келер тұстас қатып қалған, сірескен (қар).*

**СІРЕУЛЕ**= ет. *Нығарлап, нығыздап тастау, қату.*

**СІРЕУЛЕН**= ет. *Сіресу, қақшию.*

**СІРЕУЛЕНУ** *Сіреулен етістігінің қимыл атауы.*

**СІРЕУЛІ** сын. *Тығыздалып үйілген, сіреуленіп қалған.*

**СІРКЕ**[1] зат. *Биттің ұрығы, бит пайда болатын тұқым.*

**Сірке жауын.** *Майдалап жауған, ұсақ жаңбыр.*

**СІРКЕ**[2] зат. *Тамақтың дәмін кіргізу үшін қосылатын қышқыл, сұйық зат; сірке суы.*

**Сірке альдегиді.** хим. *Түссіз, тыныс тарылатын күшті иісті сұйықтық.* **Сірке қышқылы.** хим. *Көп сатылы синтез арқылы ацетиленнен алынатын химиялық зат.* **Сірке суы.** *Тамаққа қосатын қышқыл зат; сірке.* **Сіркесі су көтермеді.** *Сәл нәрсеге ренжіді, қабағы ашылмады.*

**СІРКЕАҒАШ** зат. өс. <лат. rhus hirta> *Бұта, ағаш өсімдіктер тұқымдасы.*

**СІРКЕДЕЙ** сын. *Өте ұсақ, кішкене.*

**СІРКЕЛЕ**= ет. *Сірке түсу, сіркелеп кету.*

**СІРКЕЛЕУ** *Сіркеле етістігінің қимыл атауы.*

**СІРКЕЛІ**[1]**: сіркелі жүзік.** зерг. *Бауырына (шығыршық, балдақ) нүкте сияқты мәнер салған жүзік.*

**СІРКЕЛІ**[2] сын. *Сірке суы бар.*

**СІРКЕШӨП** зат. өс. *Қандығұлдің (қансигектің) бір түрі; ұзын тамырлы қандығұл.*

**СІРКІРЕ**= ет. *Жаңбырдың себезгілеп, бүркіп жаууы.*

**СІРКІРЕМЕ: сіркіреме жаңбыр.** *Диаметрі 0,5 мм-ден аспай, майдалап, өте баяу жауатын жаңбыр.*

**СІРКІРЕУ** *Сіркіре етістігінің қимыл атауы.*

**СІРКІРЕТ**= ет. *Себезгілету, бүрку.*

**СІРКІРЕТУ** *Сіркірет етістігінің қимыл атауы.*

**СІРКІРЕУ** *Сіркіре етістігінің қимыл атауы.*

**СІРКІРЕУІК: сіркіреуік жаңбыр.** *Ұсақ жаңбыр, масса ішілік бұлттардан (әдетте, қатпарлы бұлттар) немесе тұманнан жауатын, диаметрі 0,5 мм-ден аспайтын өте ұсақ су тамшыларынан тұратын атмосфералық жауын-шашынның түрі.* **Сіркіреуік тұман.** *Өте ұсақ су тамшыларының сіркіреген жаңбырдың ірірек тамшыларымен бірігіп, жер бетіне немесе заттың үстіне түсетін тұман.*

**СІРҚАБЫҚ** зат. <лат. cuticula> **1.** бот. *Өсімдіктің жерүсті мүшелерінің сыртын қаптап тұратын май тәрізді кутин – шаңдақ сияқты зат.* **2.** биол. <лат. tunica serosae> *Жануарлар ағзасындағы кеудесе, құрсақ және жамбас дене қуыстарының ішкі беттерін астарлайтын, осы қуыстардағы ішкі мүшелерді сыртынан қаптайтын жұқа қабық.*

**СІРҚАЛАҚ** зат. кәс. *Өрмек тоқуға қажетті, ағаштан жасалған құрал.*

**СІРҚҰР** зат. жерг. *Керегелердің басын қосып тұратын жіңішке құр.*

**СІРЛІ: сірлі без.** <лат. glandula – без, serum – сары су> *Құрамында ас қорыту ферменттері бар, белокты секрет бөліп шығаратын экзокринді без.* **Сірлі сұйықтық.** биол. *Дене қуыстарындағы (кеуде, құрсақ, жамбас) бір қабатты жалпақ эпителий жасушалары – мезотелиоциттер бөліп шығаратын сұйықтық.*

**СІРНЕ**[1] зат. **1.** тамақ. *Қойдың жас төлінің етінен қарынға салынып, өз сөліне бұқтырылып пісірілетін тамақ.* **2.** жерг. *Ірімшіктің сарысуынан жасалған тағам.*

**СІРНЕ**[2] зат. биол. *Өсімдік пен жануардың жасушалары мен тканьдарында болатын сұйық зат; шырын, сөл.*

**СІРНЕ**[3] сын. жерг. *Кір, былғаныш.*

**СІРНЕЛЕН**= ет. *Сірнесі шығу.*

**СІРНЕМЕЛЕР** зат. хим. *Пішінсізденгенде үлкен қайтымды пішінсізденулер пайда болатын құрылымданған коллоидтар.*

**СІРНЕСУ** зат. өс. *Қауынның бір түрі.*

**СІРТАҚА** зат. жерг. кәс. *Аяқкиім өкшесіне салынатын зат, сір өкше.*

**СІРІ**[1] зат. **1.** *Етіктің өкшесіне қойылатын қатты қалың көн. // Көн болып қатып қалған.* **2.** *Шала иленген көн тері.*

**Сірі болып жабысты.** *Сіресе мықтап жабысты.*

**СІРІ**[2] зат. жерг. кәс. *Құр тоқитын төрт тесікті тақтай құрал.*

**СІРІК** зат. өс. *Биік тауда өсетін бетеге тәріздес шөп.*

**СІРІЛЕН**= ет. *Сіресіп қату, құрысып қалу.*

**СІРІЛЕНУ** *Сірілен етістігінің қимыл атауы.*

**СІРІЛІК** зат. *Етік өкшесінің сірі тұрған жері.*

**СІРІҢКЕ** зат. *От тұтату үшін басына күкірт жағылған жіңішке шырпылар және сол шырпылар салынған қорап.*

**Сіріңке қара.** а) *Қошқыл қара.* ә) *Арық, қатпа қара.*

**СІРІТАБАНДЫЛАР** зат. зоол. <лат. tylopoda> *Сүтқоректілер класының бір отряды.*

**СЭНДВИЧ** [ағылш. sandwich] зат. тамақ. *Бутербродтардың ағылшынша және қазіргі жалпыеуропалық атауы.*

**СЮЖЕТ** [франц. sujet] зат. өнер. *Көркем мәтінде өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі.*

**СЮЖЕТТЕС** сын. *Жүйе-желісі бір, мазмұндас.*

**СЮЖЕТТІ** сын. *Сюжетке бай, жүйе-желісі бар.*

**СЮЖЕТТІК** сын. *Сюжетке тән, сюжетке қатысты.*

**СЮЖЕТТІЛІК** зат. *Жүйесі, арқауы, желісі барлық.*

**СЮИТА** [франц. suite] зат. муз. *Әртүрлі музыкалық пьесалардан тұратын көлемді шығарма, аспаптық музыканың топтамалық формадағы негізгі бір түрі.*

**СЮРРЕАЛИЗМ** [франц. surrealisme] зат. әдеб. *Әдебиетте XX ғасырда пайда болған ағым.*

**СЮРРЕАЛИСТ** зат. *Сюрреализм бағытын ұстаушы, қолдаушы.*

**СЮРРЕАЛИСТІК** сын. *Сюрреализмге тән, сюрреализм бағытындағы.*

# Т

**Т 1.** *Қазақ алфавитінің 25-әрпі және сол әріптің жазылу (графикалық) таңбасы.* **2.** лингв. *Тілдің ұшы күрек тіспен жымдасып барып, бірден кілт ашылып кетуі арқылы жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс; фонема.*

**ТА** шыл. *Да шылауының фонетикалық варианты.*

**ТАБА**[1] ир. зат. *Нан т.б. тамақ пісіру үшін металдан жасалған дөңгелек, көмеш ыдыс.*

**Таба көму.** этн. *Шоққа нан пісіру.*

**ТАБА**[2] зат. *Біреудің сәтсіздікке ұшырағанына қуанушылық; шоқ-шоқ деушілік.*

**Таба болды [қылды].** *Келеке-мазағына қалды, күлкі, мазақ болды.* **Таба болу.** *Мазаққа қалу.* **Табасы қанды.** *Біреудің сәтсіздігіне жаны кіріп, рақаттанды.*

**ТАБАҚ**[1] [ир. طابق] зат. **1.** *Тастан, ағаштан, темірден жасалған тамақ салатын жайпақ ыдыс.* **2.** этн. *Мүшелеп жасаған бір табақ ет (бас табақ, аяқ табақ).* **3.** *Пластинка.*

**Табақ тартты.** а) *Табаққа салып тамақ (ет) әкелді.* ә) *Кәделі сыбағасын (құдаға жамбас, күйеуге төс, қызға асықты жілік т.б.) беріп сыйлады.* б) *Үлестірді, үлесін берді.*

**ТАБАҚ**[2] зат. сөйл. ***Парақ.***

**ТАБАҚ**[3] зат. қолөнер. **1.** *Кілемнің, түскиіздің ортасының атауы [Табаққа самаурыргүл, гүлкүмбез, аттабан, шатырғүл және т.б. бір немесе бірнеше қатар етіп салынады].* **2.** *Кілемнің ортасына салынған өрнектердің атауы.*

**ТАБАҚ-ТАБАҚ** зат. *Бірнеше табақ, көп табақ.*

**ТАБАҚТАЙ** сын. **1.** *Табақ сияқты, табақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлкен, жалпақ.*

**ТАБАҚТАРТАР** зат. этн. *Күйеу жігітке төс салып ұсынылған табаққа сый беру кәдесі.*

**ТАБАҚТАС** сын. *Дәмдес, дастарқандас; аралас-құралас.*

**ТАБАҚША**[1] зат. **1.** *Кішкене табақ.* **2.** хим. *Мұнараның түйіспе элементі.*

**Табақша дене.** бот. *Қалталы саңырауқұлақтар мен қыналардың ашық жемістік денесі.*

**ТАБАҚША**[2] үст. *Табақ секілді, табаққа ұқсас.*

**ТАБАҚША** (Тарелка) зат. геол. *Табақшалы мұнараның түйіспе элементі.*

**ТАБАҚШЫ** зат. этн. *Үлкен той, ас беру сияқты жиындарда қонақтарға табақ тартушы адам.*

**ТАБАЛА=** ет. *Біреудің сәтсіздігіне қуану; өзіне сол керек деу.*

**ТАБАЛАН=** ет. *Табаға қалу, келеке-мазақ болу.*

**ТАБАЛАНУ** *Табалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАЛАС=** ет. *Табалау, күлкі, мазақ етісу.*

**ТАБАЛАСУ** *Табалас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАЛАТ=** ет. *Күлкі, мазақ еткізу, табаға қалдыру.*

**ТАБАЛАТУ** *Табалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАЛАУ** *Табала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАЛАУШЫ** зат. *Біреудің жаңылыс басқанына айызы қанып, рақаттанатын, іші тар, күншіл адам.*

**ТАБАЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Біреудің сәтсіз ісіне рақаттанушылық, адам бойынан көрінген кемшілікке немесе басына түскен қиындыққа байланысты оны кемсітушілік.*

**ТАБАЛДЫРЫҚ** зат. **1.** *Есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы. // Есіктің кіреберісі, ішке қарай аттап өтетін жер.* **2.** кен. *Металлургиялық пештердің әртүрлі шалаөнімдерді шығаруға арналған арнаулы бөлігі.* **3.** кен. *Шөктіру мәшинесінде тор бетіндегі заттың үстіңгі қабатындағы жеңіл фракцияны келесі камераға немесе қалдық науаға белгілі мөлшермен түсіру үшін орнатылған тетік.*

**Табалдырығын аттады.** а) *Үйге алғаш рет келді, бас сұқты, кірді.* ә) поэт. *Жарық дүниеге, өмірге және т.б. келді, кірісті деген мағынада.* **Табалдырығын аттамады.** *Үйіне келмей, кірмей қойды.* **Табалдырығын аттаттырды.** *Ұжым, мекеме, оқу орнына қабылдаттырды.* **Табалдырығын былғады.** *Ұятты іс жасап, айыпты болды.* **Табалдырығын тоздыру.** *Қайта-қайта бара беру.* **Табалдырық қазы.** *Аса қалың, айналдыруға келмеген өте семіз қазы; кей жерлерде табан қазы деп аталады.*

**ТАБАН**[1] зат. **1.** *Аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі.* **2.** *Аяқкиімнің адам табаны тиіп тұратын бөлігі.* **3.** *Аяқасты.* **4.** *Заттың жерге тиіп тұратын астыңғы жағы.* **5.** геом. *Фигураның төменгі бөлігі.* **6.** *Өзеннің, сайдың, өзектің су ағатын арнасы, төменгі етегі, іші.*

**Табан аңдыды.** *Қыр соңына түсіп, ізін бақты, жау болды.* **Табан аңдысты.** *Бірінің-бірі ізін бақты, жауласты.* **Табан асты.** кен. *Домна пеші табан тасының жер астындағы бөлігі.* **Табан аудармады.** а) *Тапжылмады, қозғалмады, тырп етпеді.* ә) *Алған бетінен қайтпады; тайсалмай төтеп берді.* **Табанға басты.** *Аяқ асты етті.* **Табанға жықты.** *Таптады, қорлады, басынды.* **Табанға салды [таптады].** а) *Жауын жеңіп, бас игізді, бағындырды.* ә) *Қорлады, азаптады.* **Табандағы тұяқ.** *Сүйеніш, көмекші, тірек.* **Табан елі.** этн. *Төрт саусақ пен басбармақты біріктіре ұстағандағы қалыңдық (көбіне жылқы қазысының өлшемі ретінде қолданылады) білдіретін халықтық өлшем.* **Табан ет, маңдай тері.** *Өз еңбегі, адал еңбегі, жатпай-тұрмай істеген бейнеті.* **Табан жазбай [серіппей].** *Тапжылмай, тырп етпей.* **Табан жолын көрмеді.** *Аяғының астын көрмеді (қартайып, көз жанары суалған кісі туралы айтылады).* **Табан қарыс.** этн. *Кере қарыс деген мағынадағы халықтық өлшем.* **Табан қышыры.** зат. *Малдағы табанның сыртындағы қысаң қатты жұқа қабаты.* **Табан тіреді.** а) *Бір жерге тұрақтап орнықты, жайғасты.* ә) *Тапжылмай төтеп берді, қайсарлық көрсетті.* б) *Бір тоқтамға, шешімге келді; негіз, тиянақ етті.* **Табан тіресті.** *Өліспей берісպеді, асқан ерлікпен қасарып, қайсарлық көрсетті.* **Табан шөгуі.** су. *Бөгет табанының, басқа да гидротехникалық құрылыс бөлшектері элементтерінің шөгуі.* **Табаны алты қарыс.** *Табанды, байсалды, жұмысқа төзімді кісі.* **Табаны жаудан таймаған.** поэт. *Мықты, батыл, ержүрек.* **Табаны жерге тимеді.** а) *Әлпештелген, жаяу жүріп көрмеген, бұлы болып өскен деген мағынада.* ә) *Құстай ұшты, зымырады, зулады.* **Табаны күректей.** а) *Сақадай, сайдың тасындай, таңдаулы.* ә) *Дәл, нақ, аттай, бақандай.* **Табаны қызды.** *Делебесі қозды, шабыты келді.* **Табаны ойылды [тесілді].** *Өмір тауқыметін тартты; қажыды.* **Табаны тайғақ.** *Ісіне, сөзіне берік емес, тұрақсыз.* **Табаны тайды.** а) *Өлді, қаза тапты.* ә) *Тұрақсыздық білдірді, тайсақтады, төтеп бере алмады.* **Табаны тасқа тиді.** *Өмір тауқыметін тартты, қажыды.* **Табанында иледі.** *Таптады, биледі.* **Табаны тесілді.** *Өмір тауқыметін тартты; қажыды.* **Табанын алдырды.** *Көп жүріп не аяқкиім жайсыз болып, табаны қолдырап ойылды.* **Табанын жалады.** а) *Құлдық ұрып, жалынып-жалпайды.* ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.* **Табанын жалтыратты.** *Тайып тұрды, кетіп қалды.* **Табанын жерге тигізбеді.** *Дедектетті, жанын қоймады.* **Табанын күйдірген.** *Бір жайдың ызасы, зары қатты өткен; жанына тиер ызасы бар.* **Табанын тайдырды.** *Қуды (бұл жерде орнынан алды деген мағынада).* **Табанын тасқа алдырды.** *Аяғы ойылды.* **Табанын тілді.** *Рақым етпеді, аямады.* **Табанын тіліп, тұз құю.** *Ауыр жазаның бір түрі.* **Табанын үш тартып жеді.** *Тарығып зарықты, жүдеп-жадады.* **Табанына кірген шөгір [тікен, шөңге] маңдайыма қадалсын!** *Ең жақын, жақсы көретін адамына жақсылық тілеу, қорғау мағынасында, оған келген ауырлық т.б. маған келсін деген мағынада айтылады.* **Табанына [табанының астына] салды.** а) *Аяғымен басты, таптады.* ә) *Толық жеңіп, басып алды.* **Табанынан жарылған.** *Ағып тұратын су жорға, таймас жорға; жарамды ат.* **Табанынан сарылды [таусылды, сарсылды, тозды].** *Босқа әуре болды, титықтады, сандалды.* **Табанынан тік тұрғызды.** *Барынша аянбай қызмет еткізді.* **Табанының бүрі [табанында бұдыр] жоқ.** *Тұрақсыз, айтқанында тұра алмайтын жалтақ, табансыз.* **Табанының бүрі кетті.** а) *Тұрақсыздық, табансыздық көрсетті.* ә) *Күш-қайраттан айырылды.* **Табаныңнан таусылғыр!** қарғ. *Бармасаң бадал деген мағынада көбіне тілазар балаға айтылады.*

**ТАБАН**[2] зат. зоол. <лат. carassius gibelio> *Тұқы тұқымдас Каспий, Азов және Арал теңіздеріндегі негізгі кәсіптік маңызы бар балық.*

**ТАБАН**[3] зат. жерг. қолөнер. *Балғаның затты соғатын жалпақ жағы.*

**ТАБАН**[4] зат. жерг. кәс. *Қайықтың астыңғы тақтайы, қайықтың табаны.*

**ТАБАН**[5] зат. жерг. *Қонысқа лайықты, ел іргe тепкен жер, қоныс.*

**ТАБАН**[6] зат. кәс. *Аудың төменгі арқаны.*

**ТАБАНАҒАШ** зат. жерг. **1.** *Дөңгелектің шентемірі.* **2.** *Шентемір ішіндегі ағаш шеңбері (дөңгелегі).*

**ТАБАНАҚЫ** зат. *Адал еңбектің өтемі.*

**Табанақы, маңдай тер.** а) *Жатпай-тұрмай, жанын қинап істеген адал еңбегі.* ә) *Адал, ауыр еңбектің өтемі.* **Табанақы, маңдай терін жеді.** *Біреуді қинады, қанады.*

**ТАБАНАН** зат. тамақ. этн. *Бидай ұнына ашытқы, май, жұмыртқа қосып илеп, көтерілген соң, екі табаның арасына салып, қоламтаға пісіретін нан.*

**ТАБАНАСТЫНАН** үст. *Аяқ астынан, жоқ жерден; кенет.*

**ТАБАНАСТЫНДА** үст. *Кенеттен, күтпеген жерден; тез, жылдам.*

**ТАБАНАУЗЫНДА** үст. *Қолма-қол, ешбір кідіріссіз, бөгелместен.*

**ТАБАНАУМАЙ** үст. *Алған бетінен қайтпай, таймай, тайсалмай.*

**ТАБАНАЯҚ: Табанаяқ қылып құйды.** *Ыдыстың түбіне ғана құйды.*

**ТАБАНДА** үст. *Лезде, табан аузында, күтпеген жерден, аяқ астынан.*

**ТАБАНДА=** ет. **1.** *Аяқкиімге жаңадан табан салу, ұлтан қағу.* **2.** ауыс. *Табанын тіреп, барлық күшін салып тапжылмау.* **3.** ауыс. *Қасарысып көнбеу, сіресу, қарысу.* **4.** *Орнынан қозғалмау, жылжымау.*

**ТАБАНДАН=** ет. *Алған бетінен қайтпау, қасарысу.*

**ТАБАНДАП** үст. *Қозғалмастан, мызғымастан, тырп етпей.*

**ТАБАНДАҒАН** үст. сөйл. ***Табандатқан.***

**ТАБАНДАЛ=** ет. *Табан салыну.*

**ТАБАНДАЛУ** *Табандал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАНДАТ=** ет. *Табан салдырту.*

**ТАБАНДАТҚАН** үст. *Тұп-тура, табаны күректей.*

**ТАБАНДАТЫП** үст. *Қақшитып, мықтап.*

**ТАБАНДАТУ** *Табандат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАНДАУ** *Табанда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБАНДЫ** сын. **1.** *Табан салған, табаны бар.* **2.** ауыс. *Алған бетінен қайтпайтын тұрақты, сөзіне, уәдесіне берік.*

**ТАБАНДЫҚ**[1] зат. кен. *Қазбаның еденіне көлденең немесе ұзын бойына төселетін жақтау шегеннің элементі.*

**Табандық ұлтан.** кәс. *Табанға салған қос қабат ұлтанның сыртына қаратып салған көн бөлігі.*

**ТАБАНДЫҚ**[2] зат. кәс. *Аудың теңіз түбіне тиіп жатқан жері.*

**ТАБАНДЫҚ**[3] сын. қолөнер. *Табан салуға арналған, табанға жарайтын (көн).*

**ТАБАНДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Тұрақтылық, төзімділік, қайсарлық.* **2.** психол. *Адамның көздеген мақсатына жету жолындағы қайтпас қайсарлығымен сипатталатын қасиеті.* **3.** психол. *Қиыншылықтар мен кедергілерге қарамастан мақсатқа қалай да жетуге бағытталған еріктік қасиет.*

**ТАБАНДЫРАҚ** сын. *Табандылау, қайсарлылау.*

**Табанет, маңдай тер ақталды.** *Еңбегінің зейнетін көрді, еңбегі ақталды.*

**ТАБАНЖАПЫРАҚ** зат. жерг. *Жапырағының ұш жағы тілімделмей, тегіс келетін, үлкендігі табақтай өсімдік.*

**ТАБАНКӨК** зат. өс. *Құмда өсетін құнарлы шөптердің бір түрі.*

**ТАБАНСЫЗ** сын. **1.** *Табаны жоқ, табан салмаған.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, солқылдақ.*

**ТАБАНСЫЗДЫҚ** зат. *Тұрақсыздық, солқылдақтық.*

**Табансыздық көрсетті.** *Айнып кетті, уәдесіне берік болмады.*

**ТАБАНТЕМІР** зат. жерг. кәс. *Дөңгелектің сыртындағы шентемірі.*

**ТАБАНША** үст. *Табанға ұқсап, табан секілді.*

**ТАБАНЫШ** зат. *Тірек, таяныш.*

**ТАБАРАК** ар. зат. діни. ***Тәбәрік.***

**ТАБАС** зат. геол. *Аралдық силикаттар класына жататын минерал.*

**Табасы қанды.** *Біреудің сәтсіз ісіне, оқыс қылығына қуанды.*

**ТАБАСАРАН** зат. *Дағыстанның жергілікті халқы.*

**ТАБАШЫ** зат. *Табалаушы, күндеуші.*

**ТАБАШЫЛ** сын. *Табалағыш, күндегіш.* // *Табалағыш, күндегіш адам.*

**ТАБАШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Табалаушылық.***

**ТАБҒАШТАР** зат. этнон. *Халық, қытайлардың Сяньби одағына қарасты көшпенділерге қойған атауы.*

**ТАБДЫЛ** [ар. تبديل] зат. ескікіт. *Өзгеріс, алмастыру, ауыстыру.*

**ТАБЕЛЬ** зат. **1.** *Таблица, қандай да бір нәрселердің белгілі ретпен, графалар бойынша берілген тізімі.* **2.** пед. *Мектеп оқушыларының тоқсандық, жылдық оқу үлгерімі көрсетілетін құжат қағаз.* **3.** *Еңбеккерлердің жұмысқа келген-кеткен уақыттарын, істелген жұмыстың көлемін жазып отыратын есеп-қисап қағазы.* **4.** әск. *Қару-жарақ, ұрыс техникасы мен мүліктердің әскер бөлімі мен бөлімшесіне тиесілі саны көрсетіліп берілген тізімі бар құжат.*

**ТАБЕЛЬДІК** сын. *Табельге қатысты, табельге тән.*

**Табельдік қару-жарақ.** әск. *Әскери бөлім штаты үшін табелде көзделген қару және оны қолдануға қажетті техникалық құралдар.* **Табельдік қарулар.** әск. *Қорғаныс министрлігінің табелінде бөлімшелер мен инженерлік әскер бөлімдері үшін қарастырылған инженерлік қарулар, жабдықтар мен мүліктер (бірыңғай үлгідегі және бір мөлшердегі).* **Табельдік мүлік.** әск. *Қорғаныс министрлігі бекіткен бірыңғай норма, типтерге, өлшемдер мен сапаларға сәйкес бөлімде (бөлімшеде) болуға тиісті жабдықтау заттары.*

**ТАБЕЛЬШІ** зат. *Табель толтырушы.*

**ТАБЖЫЛМА=** ет. сөйл. ***Тапжылма.***

**ТАБИАТ** зат. ескікіт. ***Табиғат.***

**ТАБИҒ** [ар. تابع] зат. **1.** *Біреуге еруші, біреудің жолын қуушы, шәкірт, жәрдемші.* **2.** *Қоласты, қарасты, бағынушы.*

**ТАБИҒАТ** [ар. طبيعة] зат. **1.** *Бар тіршілік, бүкіл әлемнің сансыз көп формаларын қамтитын әр алуандығымен, үйлесімділігімен, көркемдігімен ерекшеленетін жаратылыс дүниесі; адамның өмірлік және танымдық-эстетикалық ғибраттану ортасы.* **2.** *Тау, орман-тоғай, өзен-су, бау-бақша.* **3.** ауыс. *Әрбір заттың, құбылыстың өзіне тән ерекшелігі, қасиеті.*

**Табиғат апаттық құбылыстар**. *Қатерлі табиғат құбылыстары.* **Табиғат байлығы [табиғи байлық].** *Қоршаған ортаның табиғи ресурстары.* **Табиғат байлықтары**. *Табиғи қорлар, адамзат қоғамының материалдық, ғылыми, рухани және мәдени мұқтаждығын қамтамасыз ететін табиғаттың құрамдас бөліктері.* **Табиғат ғажабы**. *Табиғаттың әдеттегіден ерекше не үздік құбылыстары не нысандары.* **Табиғат ескерткіштері**. *Ғылыми, мәдени-танымдық және сауықтырушылық маңызы бар (қайталанбас немесе өзіндік сипаты бар) бағалы табиғи нысандар.* **Табиғат қорғау құқығы.** экол. *Тіршілік ортасы мен табиғат ресурстарын қорғаудың заңдылық негіздерін қарастыратын халықаралық құқық пен мемлекет ішіндегі табиғатты құқықтық қорғаудың тарауы.* **Табиғат қорғау шаралары.** экол. *Қоршаған табиғат ортасына жағымсыз әсер етуді азайтуға, жоюға, елдің табиғи-ресурстық әлеуетін сақтауға, жақсартуға және ұтымды пайдалануға бағытталған шаруашылық қызмет түрлері.* **Табиғат қорлары [ресурстары]**. экол. *Қоғамның материалдық және мәдени мұқтаждығын қанағаттандыру үшін қолданылатын адамзатты қоршаған табиғи ортаның ең маңызды құрауыштары (жер, орман, жануарлар әлемінің ресурстары т.б.).* **Табиғаттағы су айналымы**. геол. *Күн радиациясы мен ауырлық күшінің әсерінен жер қабығы және гидросфера арасында үздіксіз жүретін ылғал алмасу үдерісі.* **Табиғатты басқару**. *Өзін-өзі реттеуге қабілетті шаруашылық-өндіргіш табиғи кешендерді құру мақсатымен және экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін адамның орта түзетін құрауыштардың мөлшері мен арақатысын, қарқынды және экстенсивті пайдаланылатын аумақтардың ұштастырылуын, үйлесуін реттеуі.* **Табиғатты қорғау**. экол. *Адамзат қоғамы мен бүгінгі және келешек ұрпақтың материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында табиғат пен оның байлықтарын тиімді пайдалануға және қайтадан қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.* **Табиғаттың кенттенуі.** экол. <лат. urbanys – қалалық> *Қала салудың әсерінен табиғи ландшафтың жасанды ландшафтқа айналуы.* **Табиғаттың түрленуі**. экол. *Табиғи кешендердің биологиялық өнімділігін немесе шаруашылық өнімділігін арттыру үшін қалыптасқан экологиялық тепе-теңдіктің антропогендік өзгеруі.* **Табиғаты қаламады**. *Жаны жек көрді; жаны сүймеді; көңілі соқпады.*

**ТАБИҒАТТАНУ** зат *Табиғат, жаратылыс жайлы түсінік беретін ғылым, пән.*

**ТАБИҒАТТАНУШЫ** зат. *Табиғат, жаратылыс құбылыстарын зерттеуші.*

**ТАБИҒАТТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Табиғат, жаратылыс туралы түсінік.*

**ТАБИҒАТТАС** сын. *Жаратылысы бір, ұқсас.*

**ТАБИҒИ** зат. діни. *Сахабаларды көріп, соларға еріп дінді қабылдағандар.*

**ТАБИҒИ** сын. **1.** *Табиғатқа тән; жасанды емес.* **2.** *Таза, қоспасыз.* **3.** ауыс. *Боямасыз, нанымды.*

**Табиғи аумақтық кешен.** геогр. *Белгілі бір аумаққа қатысты алынған табиғат құраушыларының өзара заңды байланысы.* **Табиғи ая.** экол. *Жергілікті жердің табиғат ортасын және табиғи жағдайын сипаттайтын және адам мен қоршаған ортаға (немесе оның жеке элементтеріне) табиғи факторлардың тұрақты салыстырмалы әсерінің деңгейін (табиғи көпжылдық ауытқу ішінде) көрсететін жеке физикалық, химиялық және басқа көрсеткіштер немесе олардың жиынтығы.* **Табиғи бөгеттер.** әск. *Бөлімшелер мен бөлімдердің шабуылға шыққанда ұрыс әрекеттерін қиындататын, маневрін шектейтін жергілікті жер заттары мен жер бедері элементтері.* **Табиғи бүркеме.** әск. *Бөлімдер мен бөлімшелердің жасырын орналасуы мен қозғалысын табиғи түрде бүркемелейтін жергілікті элементтер.* **Табиғи газ.** хим. *Химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері жағынан сан алуан болып, әртүрлі геологиялық және геохимиялық жағдайларда ұшырасатын газдардың жалпы атауы.* **Табиғи ескерткіштер.** *Жаратылысына немесе адам қолымен ежелден өзгертілген табиғи аумақ.* **Табиғи жағдайлар.** экол. а) *Адамдардың іс-әрекетіне қатыссыз болатын тірі ағзалар, денелер жиынтығы мен табиғат құбылыстарының жиынтығы.* ә) *Қоғамның шаруашылық қызметі мен тіршілігі үшін өндіргіш күштердің тап сол даму деңгейінде өте маңызды табиғат денелері мен күштері.* б) *Тікелей және жанама түрде тұтынатын, бірақ түпкі өнім құрамына тікелей кірмейтін, оны алуға қажетті табиғат денелері мен күштері.* **Табиғи жайылым.** сушар. *Оты мол табиғи мал өрісі.* **Табиғи жұмыссыздық.** *Жұмыссыздықтың тең еңбек нарығы жағдайында сақталған объективті қажетті деңгейі.* **Табиғи иммунитет.** мед. *Туа пайда болған иммунитет.* **Табиғи кедергілер.** *Жер қыртысы, теңіз толқындары, электрлік және басқа да үдерістер, ғарыштық көздердің сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын радиокедергілер.* **Табиғи кему.** *Тауар салмағының жетіспеуі, ол тауардың кейбір топтарына – көгіске, жеміс-жидекке, астыққа, цементке т.б. тән табиғи қасиеттердің салдарынан пайда болатын шығындар.* **Табиғи [еркін] конвекция.** физ. *Ортаның біртексіздігіне температура мен тығыздық градиенттерінің әсері.* **Табиғи қор [ресурс].** *Табиғат қорлары.* **Табиғи қорық.** экол. *Табиғи кешендерді қорғау үшін құрылған қорық.* **Табиғи құрауыш.** экол. *Өзінің табиғи немесе адам өзгерткен жағдайында ландшафтың қалыптасуына қатысатын материалдық денелер.* **Табиғи құрылыс материалдары.** *Құрылыста қолданылатын әртүрлі таужыныстар.* **Табиғи ландшафт.** экол. *Адамның іс-әрекетінің әсеріне душар болмаған (антропогендік немесе техногендік ландшафтқа қарама-қарсы), тек табиғи факторлардың әсерімен қалыптасқан немесе қалыптасатын ландшафт.* **Табиғи ластану.** экол. *Қоршаған ортаға ластағыш табиғи заттектердің түсуі.* **Табиғи монополия.** экон. *Өндірістің, көрсетілетін қызметтер (өткізілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар) түрінің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты осы көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) сұранымды қанағаттандыру үшін осы көрсетілетін қызметтер (өткізілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар) рыногында бәсекелік

*жағдай жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық тұрғыдан тиімсіз болатын жай-күй.* **Табиғи орта.** *Адамды қоршап тұрған табиғат жағдайлары мен өлі және тірі табиғаттың алуан түрлі формаларының жиынтығы.* **Табиғи өсімдік.** *Адамның әрекет-әсеріне (ағаш кесу, жырту, жайылым, пішен шабу, т.б.) ұшырамаған күйіндегі өсімдіктер.* **Табиғи өсіп-өну.** демогр. *Белгілі бір уақыт аралығында туғандар (N) мен өлгендер (M) санының арасындағы айырманың абсолюттік шамасы (ΔP болады=N-M).* **Табиғи пигменттер.** геол. *Табиғи минералды бояулардың боягыш қасиеті бар құрамбөлігі.* **Табиғи радиация.** физ. *Ғарыштан түсетін немесе көптеген тау жыныстары мен топырақ құрамына кіретін, физикалық жартылай ыдырау кезеңі ұзақ радиоактивті изотоптар ядроларының ыдырауы кезінде түзілетін иондаушы сәулелену.* **Табиғи радиоактивтілік.** физ. *Табиғи жағдайдағы изотоптарда байқалатын құбылыс.* **Табиғи саябақ.** *Едәуір экологиялық және эстетикалық құндылығы бар және табиғатты қорғау, ағартушылық және тынығу мақсаттарында пайдалануға арналған, табиғат кешендері мен объектілерін қамтитын табиғатты қорғайтын тынығу мекемелері.* **Табиғи сұрыпталу.** *Ортаның табиғи жағдайының әсерінен ағзалардың ең бейімделгендерінің тірі қалып, аз бейімделгендерінің жойылуы.* **Табиғи сұрыптау.** *Тірі ағзалар эволюциясының негізгі қозғаушы факторы.* **Табиғи талшықтар.** *Табиғи жағдайларда түзілетін жіп және тоқыма бұйымдарын дайындауға қолданылатын денелер.* **Табиғи тасалар.** әск. *Қорғануға мүмкіндік беретін жер бедері элементтері мен жергілікті заттар.* **Табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы.** экол. *Экожүйе элементтері мен құрамды бөліктерінің құрамындағы және өзара қатынасы процесіндегі өзгеріс.* **Табиғи тозу.** *Негізгі қорлардың пайдаланылу барысында да, жұмыс істемей тұрған кезеңінде де материалдық тозуы.* **Табиғи төсеніш.** *Тығыздығы мен салмағы орташа кен кесектерін құрайтын қабат.* **Табиғи тұздар.** хим. *Тұзды немесе ащы дәмі бар, суда едәуір ерігіш және шөгінді тұзды кен орындарын түзетін минералдар тобы.* **Табиғи фактор.** экол. *Адамның қатысуынан тыскары (антропогендік емес) немесе оның биологиялық мәнімен байланысты әрекет ететін фактор, яғни табиғаттың немесе табиғи ортаның табиғи әсері.* **Табиғи шабындық пен жайылым.** *Шөп шабуға, мал жаюға пайдаланылатын табиғи өсімдікті алқаптар.* **Табиғи ырғақтар.** *Тірі ағзаларды қоса табиғатта болатын құбылыстар мен оқиғалардың уақыт мезгілінде қайталануы.*

**ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ** сын. *Табиғат пен ауа райына тәуелді, байланысты.*

**ТАБИҒИЛЫҚ** зат. **1.** *Адамның жасандысыз таза ісі, бейнесі, көрінісі, жүріс-тұрысы.* **2.** ауыс. *Боямасыздық, нанымдылық.*

**ТАБИҒИН** [ар.تابعون] зат. діни. *Мұхаммед пайғамбардың сахабаларын көздері көріп, олардан тәлім алып, дін жолын қуушы, ұстанушылар.*

**ТАБИҚ** [ар.تابع] сын. ескі кіт. *Бағынышты, тәуелді.*

**ТАБИП** [ар. طبيب] зат. ескі кіт. *Емші, тәуіп.*

**ТАБИР** [ар. تدبير] зат. ескі кіт. *Амал, айла, шара.*

**ТАБИЮН** зат. ескі кіт. ***Табиғин.*** **1.** *Пайғамбардың замандастарын жақын білетіндер.* **2.** *Ерушілер, ізін қуушылар, шәкірттер.*

**ТАБЛЕТКАЛАР** зат. хим. *Өлшемдері кішкене дұрыс геометриялық пішінді денелер.*

**ТАБЛЕТКАЛАУ** хим. *Таблеткалар жасаудың технологиялық операциясы.*

**ТАБЛИЦА** [лат. tabula] зат. **1.** *Кесте.* **2.** матем. *Сандық деректердің белгілі бір жүйеге келтірілген және бағандарға бөлінген тізбесі.* **3.** статистика. *Қандай да бір бұқаралық құбылыстарды немесе процестерді сипаттайтын статистикалық деректерді, сандарды жүйелеп орналастыру түрінде бейнелеу әдісі.*

**ТАБЛО** [франц. tableau] зат. *Жарық сигналдары немесе жазу пайда болатын қалқан.*

**ТАБУ**[1] зат. **1.** <ағылш. tuboo> *Ежелгі әдет-ғұрыпқа, діни наным-сенімге байланысты тыйым салынған сөздер.* **2.** экон. *Тауардың кейбір түрлерін (арақты, темекіні) жарнамалауға салынатын тыйым.*

**ТАБУ**[2] *Тап етістігінің қимыл атауы; кездестіру, тауып алу.*

**ТАБУЛЯТОР** [лат. tabulator] зат. инф. *Пернетақтадан енгізілген ақпаратты автоматты түрде өңдеуге және нәтижелерін кесте түрінде беруге арналған электрмеханикалық есептеуіш мәшине.*

**ТАБУЛЯЦИЯ: табуляция позициясы.** инф. а) *Пернеліктегі табуляция пернесін (Tab) баса отырып ауыстыруға болатын мәтін жолындағы нүкте немесе топтағы (мыс., диалогтық терезеде) басқару элементі.* ә) *Бетке мәтінді орналастыру және туралау үшін пайдалануға тағайындалған позиция.*

**ТАБУН** зат. хим. *Орталық жүйке жүйесін зақымдайтын, тез әсер ететін жалпы улағыш зат.*

**ТАБЫ** зат. ескі кіт. *Денсаулық, шама, хал.*

**ТАБЫМДЫ** сын. *Ұтымды, орайлы.*

**ТАБЫЛЫН=** ет. *Кез болу, кезігу.*

**ТАБЫЛ=** ет. *Кез болу, кезігу.*

**Табылған ақыл.** *Орынды айтылған сөз, дұрыс ұсыныс.*

**ТАБЫЛУ** *Табыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кез болу, кезігу.* **2.** *Көріну, бой көрсету.*

**ТАБЫН** зат. *Сиыр малының, аңның (киік, бұғы) үйірлі тобы.*

**ТАБЫН=** ет. **1.** *Түрлі табиғат құбылыстарына құлшылық етіп сиыну.* **2.** ауыс. *Бас ию, құрмет тұту, бағыну.*

**ТАБЫНҒЫШ** сын. *Бас игіш, құлдықшыл.*

**ТАБЫНДАП** үст. *Табын болып, топталып.*

**ТАБЫНДАТҚАН** сын. сөйл. ***Табандатқан.***

**ТАБЫНДЫ** сын. жерг. *Сөзге шебер, тапқыр.*

**ТАБЫНДЫР=** ет. *Бас идіру, бағындыру, құрмет тұтқызу.*

**ТАБЫНДЫРУ** *Табындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБЫНДЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Бағындырушылық, бас идірушілік.*

**ТАБЫНТ=** ет. *Табындыру, бағындыру.*

**ТАБЫН-ТАБЫН** сын. *Өте көп, топ-тобымен.*

**ТАБЫНУ** *Табын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пұтқа, табиғат күштеріне, жеке тұлғаға беріле сеніп жалбарыну, Құдайға балап құлшылық жасау.* **2.** ауыс. *Бағыну, құрмет тұту.*

**ТАБЫНУШЫ** зат. **1.** *Құлдық ұрушы, сиынушы.* **2.** ауыс. *Бас июші, құрметтеуші.*

**ТАБЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Сиынушылық, құлдық ұрушылық.*

**ТАБЫНШЫ** зат. *Табындағы малды бағып қараушы, бақташы.*

**ТАБЫРА** зат. кәс. *Балық салған ыдыстарға қойылатын белгі.*

**ТАБЫС** зат. **1.** *Белгілі бір жұмысты атқару нәтижесінде түсетін ақша, материалдық игіліктер; кіріс, пайда.* **2.** экон. *Кәсіпорындардың (фирмалардың, компаниялардың) белгілі бір уақыт кезеңіндегі қызметінің нәтижесінде (мыс., өнімді өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден) алатын ақшалай қаражаты немесе материалдық құндылықтары.* **3.** экон. *Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің құны мен жұмсалатын шығынның арасындағы айырма ретінде алынатын өндірістік-шаруашылық қызметтің нәтижесі.* **4.** экон. *Иеленушілерге төленетін дивиденд немесе бағалы қағаздың ағымдағы бағасынан алынатын пайыз, сол сияқты салым мен депозит бойынша пайыз.* **5.** ауыс. *Қол жеткен жетістік, жеңіс.*

**Табысқа жету.** *Мақсаты орындалу, еңбегінің жемісін көру.* **Табысқа салынатын салық.** экон. *Ұйымдық құрылымына, бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардың (фирмалардың) өздеріне тиесілі акцияларды, облигацияларды және басқа бағалы қағаздарды өткізуінен, бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан, бейнекөрсетімнен, көпшілік ойынсауық шараларынан, ақшалай ұтысы бар ойын автоматтарын, ойын-жүлделік аттракциондарды пайдаланудан, лотереяларды өткізуден алған табысының бір бөлігін бюджетке алу нысаны.* **Табыс салығы.** экон. *Мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан алынған жалақы мен басқа да төлемдер салық салу нысаны болып табылатын салық төлемінің түрі.* **Табыс саясаты.** экон. *Бағаның өсуін және кәсіпорындар мен халықтың ақшалай табысын әкімшілік шаралар арқылы реттеу практикасында ақшаға сұранымды, өндірістің жалпы (макроэкономикалық) көлемін және инфляция қарқынын реттеу саясатының құрамдас бөлігі.* **Табыстарды теңестіру.** экон. *Мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясат бағыттарының бірі; оның міндеті – ұлттық өнімді, өзіндік табыстар мен мүлікті бөлудегі айырмашылықтарды келісу.* **Табыс туралы декларация.** экон. *Азаматтардың, лауазымды адамдардың немесе ұйымдардың табыс мөлшері мен көздері туралы мәлімдемесі, декларациясы.* **Табысты капиталдандыру.** экон. *Капиталды табысқа айналдыру, яғни бөлінбеген табысты не жарғы капиталын молайту түрінде не айналым қаражатын толықтыруға бағытталған табыс түрінде өндіріске бағыттау (қайта инвестициялау) .*

**ТАБЫС=** ет. **1.** *Бірін-бірі тауып алып, кездесу, көрісу, дидарласу.* **2.** *Төлдің енесіне қосылуы, жамырауы.* **3.** *Бірін-бірі түсінісу, татуласу, достасу.*

**Табыс етті [қылды].** *Бір затты біреуге жеткізіп тапсырды, қолына тигізді.*

**ТАБЫСКЕР** сын. *Табыс тапқыш, пайда түсіргіш, кіріс кіргізгіш.*

**ТАБЫСКЕРЛІК** зат. *Табыс тапқыштық.*

**ТАБЫССЫЗ** сын. **1.** *Табысы жоқ, олжасыз, пайдасыз.* **2.** ауыс. *Жетістіксіз, нәтижесіз.*

**ТАБЫСТА=** ет. *Тапсыру, аманат ету.*

**ТАБЫСТАУ** *Табыста етістігінің қимыл атауы.*

**Табыстау актісі.** экон. *Табыстау құжаты.*

**ТАБЫСТЫ** сын. **1.** *Табысы мол, пайдалы.* **2.** ауыс. *Нәтижелі, жемісті.*

**ТАБЫСТЫЛЫҚ** зат. **1.** *Табысы молдық, нәтижелік.* **2.** экон. *Алынған табыстың базалық көрсеткішке қатынасын сипаттайтын салыстырмалы шама.*

**ТАБЫСТЫР=** ет. **1.** *Кездестіру, жолықтыру.* **2.** *Татуластыру, достастыру.*

**ТАБЫСТЫРУ** *Табыстыр етістігінің қимыл атауы; татуластыру.*

**ТАБЫСТЫРЫЛ=** ет. *Төлді енесіне қосу, жамырату.*

**ТАБЫСТЫРЫЛУ** *Табыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАБЫСУ** *Табыс етістігінің қимыл атауы, достасу.*

**ТАБЫТ** [ар. تابوت] зат. **1.** *Өлген адамның денесін салуға арналған ағаштан істелген қорап.* **2.** діни. *Нұх пайғамбардың кемесі.* **3.** ауыс. *Өлім, ақырзаман.*

**Табыт қақты.** *Өлім тіледі, кім болса да тың біреудің өлімін тіледі.*

**ТАВТОГРАММА** зат. *Барлық сөздері бір әріптен басталатын өлең.*

**ТАВТОЛОГИЯ** [грек. tauto – дәл сондай, logos – ілім] зат. кіт. **1.** *Бір айтылған ойдың, сөздің, сөз тіркестерінің қайталануы.* **2.** филос. *Өзара барабар ақиқатты заңдылық.*

**ТАҒА**[1] зат. *Аттың тұяғына қағылатын доға түрінде соғылған темір.*

**Таға тимеді.** *Адам аяғы баспады деген мағынада.* **Тағасын тоздырды.** *Атты дамылсыз мінді.*

**ТАҒА**[2] зат. жерг. ***Нағашы.***

**ТАҒА**[3] зат. өс. *Қырыққұлақтар (папоротниктер) тұқымдастарына жататын, көлеңкелі, ылғалды жерлерде, яғни орман ішінде, таудың субальпілік белдеулерінде өсетін, биіктігі 30-100 см-дей, көпжылдық өсімдік.*

**ТАҒАГҮЛ зат. өс.** *Әдемілік үшін гүлзарларды қолдан егілетін мәдени өсімдіктердің бір түрі.*

**ТАҒАЖУН** сын. *Ғажайып, таңғажайып.*

**ТАҒАЙЫНДА=** ет. **1.** *Біреуді белгілі бір қызметке орналастыру.* **2.** *Солай атау, соған арнау, көрсету.*

**ТАҒАЙЫНДАЛ=** ет. *Қызметке орналастырылу.*

**ТАҒАЙЫНДАЛУ** *Тағайындал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАЙЫНДАТ=** ет. *Қызметке орналастырту.*

**ТАҒАЙЫНДАТУ** *Тағайындат етістігінің қимыл атауы; белгілеу.*

**ТАҒАЙЫНДАУ** *Тағайында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біреуді белгілі бір қызметке қою, орналастыру.* **2.** *Белгілеу.* **3.** *Айқындау, анықтау.*

**ТАҒАЙЫНДЫ** сын. жерг. *Тұрақты, тыңғылықты.*

**ТАҒАЙЫНДЫЛЫҚ** зат. *Тұрақтылық, тыңғылықтылық.*

**ТАҒАЛА** [ар. تعالی] зат. діни. *Тек қана Алла, Құдай, Хақ сөздерімен тіркесіп айтылып, бүкіл дүниені, адамзатты жаратушы деген мағынаны білдіреді.*

**ТАҒАЛА=** ет. *Аттың аяғына таға қағу.*

**ТАҒАЛАН=** ет. *Таға қағылу.*

**ТАҒАЛАНУ** *Тағалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАЛАТ=** ет. *Таға қақтыру.*

**ТАҒАЛАТТЫР=** ет. *Таға қақтырту.*

**ТАҒАЛАТТЫРУ** *Тағалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАЛАТУ** *Тағалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАЛАУ** *Тағала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАЛЫ** сын. *Таға қағылған, тағасы бар.*

**Тағалы ат тайып жығылғандай**. *Жап-жалтыр, тұқыл жоқ, тұлдыр жоқ.* **Тағалы тай қалмады [қалған жоқ]**. *Тігерге тұяқ қалмады, малдан жұрдай болды.*

**ТАҒАЛЫҚ** зат. *Тұяқтың таға қағылатын жері.*

**ТАҒАМ**[1] [ар. طعام] зат. *Ас, тамақ, дәм.*

**ТАҒАМ**[2] зат. жерг. *Ұзақ қарға.*

**ТАҒАМ**[3] зат. жерг. *Үш аяқты ошақтың үшінші аяғы.*

**ТАҒАМ**[4] зат. жерг. *Малдың басқан жерінде қалған ізі.*

**ТАҒАМДАС** сын. *Дәмдес, дастарқандас, табақтас.*

**ТАҒАМДЫҚ** сын. *Тамақтық, астық.*

**Тағамдық концентраттар.** тамақ. *Азық-түліктің тез әрі оңай тамақ дайындап алуға болатын арнайы өңделген құрғақ қоспалары.* **Тағамдық майлар**. тамақ. *Қазіргі өндіріс орындарында дайындалатын жоғары сапалы май өнімдері.*

**ТАҒАМКӨК** зат. өс. *Жапырағын тағамға пайдалануға болатын көпжылдық, эфир майлы өсімдік.*

**ТАҒАМТАНУ** зат. мед. *Медицина ғылымының тағамның адамға қажетті мөлшері мен сапасын және оның ағзаның дұрыс өсіп, қалыптасуына тигізетін әсерін жан-жақты зерттейтін саласы.*

**ТАҒАН**[1] зат. **1.** көне. *Бір нәрсенің (ошақ т.б.) аяғы; тіреуіш.* **2.** *Үш аяқты темір ошақ.* **3.** кен. *Қазба маңдайшасының астына немесе төбесі мен табанасты арасына қойылып, көбінесе осьтік сығымға төтеп беретін жақтаулық немесе тіректік шегеннің элементі.* **4.** сөйл. ***Табан.***

**ТАҒАН**[2] зат. сөйл. *Тағанақ құс.*

**ТАҒАН**[3] зат. өс. *Таулы аймақта өсетін, көпжылдық құрай.*

**ТАҒАНАҚ** зат. зоол. <лат. lanius excubitor> *Тұмсығы үшкір, қауырсыны жұмсақ, қанаты қысқа, торғай тұқымдас құс.*

**ТАҒАНДА=** ет. *Бір орыннан тапжылмау, қозғалмау.*

**ТАҒАНДАЛ=** ет. *Қозғалтпау, тапжылтпау.*

**ТАҒАНДАЛ** *Тағандал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАНДАУ** *Тағанда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАСЫЗ** сын. *Таға қағылмаған, тағасы жоқ.*

**ТАҒАТ** [ар. طاعة] зат. **1.** *Шыдам, төзім, сабыр.* **2.** діни. *Аллаға мойынсұну, діни міндеттерді, ғибадаттарды орындау жолындағы іс-әрекеттер.*

**Тағат алмады.** *Шыдамы таусылды, дегбірсізденді.* **Тағат қылмады [қылып тұра алмады].** *Шыдамы жетпеді, төзімнен айырылды, дегбірсізденді.* **Тағат таппады [таба алмады].** *Мазасы кетіп, көңілі орнықпады; қатты алаңдады.* **Тағат тұтып отыра алмады.** *Дегбірсізденді, сабыры кетті, тынышсызданды.* **Тағаты жетпеді.** *Шыдамы таусылды.* **Тағаты таусылды [кетті, қалмады, жетпеді].** *Шыдамы таусылды, сабырсызданды, төзімінен айырылды.*

**ТАҒАТСЫЗ** сын. *Төзімнен, сабырдан айырылған; шыдамсыз.*

**ТАҒАТСЫЗДАН=** ет. *Сабырсыздану, шыдамсыздану.*

**ТАҒАТСЫЗДАНДЫР=** ет. *Асықтыру, шыдамсыздандыру.*

**ТАҒАТСЫЗДАНДЫРУ** *Тағатсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАТСЫЗДАНУ** *Тағатсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАТСЫЗДЫҚ** зат. *Шыдамсыздық, сабырсыздық.*

**ТАҒАТТА=** ет. *Тағат табу, шыдамы жету, сабыр сақтау.*

**ТАҒАТТАН=** ет. *Сабыр ету, шыдамдылық көрсету.*

**ТАҒАТТАУ** *Тағатта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒАТТЫ** сын. *Шыдамды, төзімді. // Шыдамды, төзімді жан.*

**ТАҒАТТЫҚ** зат. сөйл. ***Тағаттылық.***

**ТАҒАТТЫЛЫҚ** зат. *Шыдамдылық, сабырлылық.*

**ТАҒАШЫ** зат. *Таға соғатын, ат тағалайтын адам.*

**ТАҒБИР** [ар. تعبير] зат. ескікіт. *Мағына, мән.*

**ТАҒБИРШЫ** зат. ескікіт. *Түс жорушы.*

**ТАҒДЫР** [ар. تقدير] зат. **1.** діни. *Құдіреттің жазуы, жазмыш; адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін діни ұғым.* **2.** миф. *Кейбір діни-идеалистік философиялық жүйелерде дүниедегі және адам өміріндегі оқиғалардың, жағдайлардың, іс қимылдардың адамға беймәлім жолмен алдын ала анықталып қоятынына сенім.* **3.** *Өмір, тұрмыс, тіршілік.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің жай-күйі, келешегі, болашағы.*

**Тағдырдың [тағдырда] жазғаны [салғаны].** *Алланың арнауы, маңдайға жазғаны.* **Тағдырдың кермесіне кез болды.** *Басына іс түсті, ауыртпашылық түсті, қиналды, қиыншылық көрді.* **Тағдырдың құлы.** *Пенде, көнбіс.* **Тағдырдың уын ішті.** *Тұрмыстың ауыртпалығын, қайғы-қасіретін көп тартты.* **Тағдырдың шырғасы.** бейн. *Бейнет, қиыншылық.* **Тағдырға иман келтіру.** діни. *Ислам діні бойынша, тіршіліктегі барлық жақсылық пен жамандықтың белгіленуі бір Алладан болатынына сенуді білдіретін иманның негізгі шарттарының бірі.* **Тағдырға мойынсұнды [бағынды].** *Алла тағаланың басқа салғанына көнді.* **Тағдырға нала қылды [болды].** *Өміріне риза болмады.* **Тағдырға риза болды [көнді].** *Алла тағаланың берген ризығына көңілі толды, басқа салғанына көнді.* **Тағдыр жазған жол.** *Маңдайға, пешенеге жазғаны.* **Тағдыр жетті.** діни. *Ажалы жетті, күні бітті.* **Тағдыр соқпағы.** *Тағдыр талқысы, тәлкегі.* **Тағдыр сыйы.** *Пешенеге жазылған жақсылық.* **Тағдыр тартқан табақ.** *Пешенеге жазылған тағдыр, жазмыш.* **Тағдырын қолына алды.** *Болашағын, өмір жолын өз билігіне алды.* **Тағдырын қосты.** *Бірге болды, жұптасты, қосылды.* **Тағдырын шешті.** *Істің тетігін тауып, шешімін анықтады.* **Тағдыры шешілді.** *Мәселе анықталды, шешімін тапты.*

**ТАҒДЫРАРАЗ** сын. *Әуелден-ақ бұйырмаған, бір болуға қоспаған.*

**ТАҒДЫРЛАС** сын. *Тағдыры бір, тағдыры ұқсас.*

**ТАҒДЫРЛАСТЫҚ** зат. *Тағдырлас болушылық.*

**ТАҒДЫРЛЫ** сын. *Тағдыры бар, тағдырға ие.*

**ТАҒДЫРСЫЗ** сын. *Тағдырдың бұйырығынсыз, жазмышсыз.*

**Тағдырсыз тәбділ болмас [бола ма; тағдырға тәбділ жоқ].** *Жазмышқа шара жоқ, не салса да көнесің деген мағынада.*

**ТАҒДЫР-ТАЛАЙ** зат. *Жазмыш, пешене.*

**ТАҒЗЫМ** [ар. تعظيم] зат. *Ізет, құрмет, қошемет.*

**Тағзым етті [көрсетті, жасады, қылды].** *Иіліп ізет көрсетті, бас иді.*

**ТАҒЛА** зат. ескі кіт. *Тағала, Жаратқан, Жасаған.*

**ТАҒЛИМ** зат. ескі кіт. *Тәлім, үлгі.*

**Тағлим берді.** кіт. *Үлгі көрсетті.*

**ТАҒРИФ** [ар. تعريف] зат. ескі кіт. *Мән, мағына, түсінік.*

**Тағриф Алла.** *Білдіруші Алла.*

**ТАҒРИФАТ** зат. діни. ескі кіт. ***Тариқат.***

**ТАҒУ** *Тақ етістігінің қимыл атауы; байлау, оралу.*

**ТАҒЫ**[1] сын. **1.** *Жабайы, қолға үйренбеген (дала аңы, түз құсы). // Жабайы, қолға үйретілмеген аң-құс.* **2.** ауыс. *Көппен араласпай, бөлектеніп жүретін (басқаны жатырқайтын адам).* **3.** ауыс. *Мейірімсіз, қатыгез; зұлым, жауыз. // Мейірімсіз, жауыз адам.* **4.** ауыс. *Даму жағынан артта қалған; надан, мәдениетсіз. // Надан, мешеу халық.*

**ТАҒЫ**[2] шыл. *Және, бұдан басқа, мұның үстіне, әлі де болса.*

**Тағы да.** *Және де, оның үстіне.* **Тағысын тағы [тағы тағылар, тағы басқа].** *Бұдан басқа да, тағы сол сияқты.*

**ТАҒЫЛ=** ет. *Орнатылу, салыну.*

**ТАҒЫЛАН** зат. зоол. ***Үлкен кірпікшешен*** *[Кеміргішлер тобына жататын тау тағысы].*

**ТАҒЫЛАН=** ет. **1.** *Тағыға айналу, жабайы болу.* **2.** ауыс. *Жауыздық, қатыгездік көрсету.*

**Тағыланған жануар**. *Әлдебір себептермен адамның бағып-қағуынан босаған және адамның*

*арнайы қарауынсыз тіршілік етуге бейімделген үй жануары.*

**ТАҒЫЛАНУ** *Тағылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒЫЛУ** *Тағыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒЫЛЫҚ** зат. **1.** *Қолға үйренбей далада, түзде өсушілік, жабайылық.* **2.** тар. *Адамзат тарихының бірінші кезеңін білдіретін атау.* **3.** ауыс. *Жауыздық, зұлымдық, қатыгездік.* **4.** ауыс. *Надандық, қараңғылық, артта қалушылық.*

**Тағылық жасады**. *Жабайылығын көрсетті, өрескел мінез танытты.* **Тағылық капитализм.** газети. *Капитализмнің рухани азғындыққа апаратын, халықты аяусыз қанайтын, құқықтық реттеуге бағынбай кеткен жабайы түрі.*

**ТАҒЫЛЫМ** [ар. تعليم] зат. *Тәлім, үлгі-өнеге.*

**Тағылым айтты.** *Үлгі, уағыз сөз үйретті.* **Тағылым түтты [алды].** *Ісін, мінезін, ақыл-парасатын өнеге етті.*

**ТАҒЫН** шыл. ***Тағы.***

**ТАҒЫН=** ет. *Өзіне тағу, үстіне қадау.*

**ТАҒЫНДЫР=** ет. *Таққызу, қадату.*

**ТАҒЫНДЫРУ** *Тағындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒЫНУ** *Тағын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒЫРЫП** [ар. تعريف] зат. ескікіт. *Сырсипат, кейіп.*

**ТАҒЫС=** ет. *Қадасу, тағу.*

**ТАҒЫСУ** *Тағыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҒЫСЫ** зат. *Жалғасы, соңы.*

**ТАҒЫТ** зат. көне. ***Тақ.***

**ТАҒЫША** үст. *Тағы секілді, тағыға ұқсап.*

**ТАДБІР** зат. ескікіт. *Шара, тәсіл.*

**ТАЖ** зат. ***Тәж.***

**ТАЖАЛ** [ар. دجال] зат. **1.** діни. *Ақырзаман болғанда шығады-мыс делінетін аждаһа.* **2.** ауыс. *Сұмпайы, сұмырай, бәлекет.* **3.** ауыс. *Өлтіріп, қыратып, өртеп, жоқ қып жіберетін апат, алапат; ауыртпалық, қиыншылық.*

**ТАЖ-ТАҚЫТ** [ар. تاج و تخت] зат. *Тәжтақ.*

**ТАЖ-ТАҚЫТТЫ** сын. ескікіт. *Патшалық құрған, тақта отырған.*

**ТАЖЫ=** ет. *Тайқу, бұрылу, ауытқу.*

**ТАЗ** зат. **1.** *Басқа түсетін жұқпалы жара.* **2.** мед. <ағыл. calvities> *Негізінен бастағы шаштың сиреуі, кей жағдайда терінің жекелеген бөліктеріндегі түктердің толықтай түсіп қалуы түрінде болатын ауру.* **3.** *Басы таз адам.*

**Таздың басына күйгендей.** *Қатты ашып кеткен (қымыз, іркіт, айран).* **Таз кебіне түсірді.** *Бұрынғы қалпына келтірді.* **Таз кепешін киді.** *Баяғы қалпына түсті.* **Таз қалпына келді [түсті].** *Баяғы күйіне түсті, бұрынғы қайталанды.*

**ТАЗА[1]** сын. **1.** *Лас емес, кірсіз.* **2.** *Мүлтіксіз, тап-тұйнақтай, мұнтаздай.* **3.** *Қоспасыз, табиғи, жасанды емес. // Қоспасөз, табиғи түрі.* **4.** ауыс. *Сау, ауру емес, дұрыс дамыған.* **5.** ауыс. *Кіршіксіз, пәк.* **6.** ауыс. *Адал, арам емес.* **7.** ауыс. *Дұрыс, жөн.* **8.** ауыс. *Нағыз, дәл, тура.*

**Таза айналыс шығындары.** экон. *Тауарды сатып алушыға және сатушыға тікелей байланысты шығындар.* **Таза активтердің құны.** экон. *Инвестициялық қор активтері құнының осы қордың міндеттемелерінен асып түсуі.* **Таза алтын.** *24 караттық алтын.* **Таза арулады [арулап көмді, қойды].** *Сүйегін (марқұмның денесін) құрметтеп жерледі.* **Таза ауа.** *Денсаулыққа пайдалы, тыныстауға қажетті саф ауа.* **Таза бәсеке.** экон. *Көптеген ұсақ сатып алушылар мен сатушылардың бәсекелестігі.* **Таза жүрек [көңіл].** *Адал, ақ ниет.* **Таза жүру.** *Ешкімге жамандық жасамай, қаралық істемей, әділ сөйлеп, өсек-аяңда шаруасы болмай өмір сүру.* **Таза ислам.** *Құран мен Мұхаммед пайғамбар хадистерін ұстанатын дәстүрлі мұсылман діні.* **Таза қанды.** *Будандастырылмаған, қаны араласпаған.* **Таза қанды жылқы тұқымы**. *Басқа жылқы тұқымдарының қанын араластырмай, өте ұзақ уақыт бойы (10 ұрпақтан жоғары) іріктеу, жұптау және жас малдарды арнайы бағытта баптау барысында алынған жылқы тұқымы.* **Таза масса**. <итал. netto> *Оралған, қапталған өнімнің таза салмағы.* **Таза металдар.** кен. *Қоспалар мөлшері аз металдар не қорытпалар.* **Таза монополия.** экон. *Нақты тауар рыногындағы бір ғана сатушы әрекет ететін жағдай.* **Таза өнім.** экон. *Кәсіпорын (фирма) ұжымы жаңадан жасаған құнды көрсететін құндық көрсеткіш; тұтынылмаған өндіріс құрал-жабдығының жалпы өнімі (оның бір бөлігі).* **Таза пайда.** экон. *Кәсіпорында (фирмада) салықтар мен басқа да төлемдерді төлегеннен кейін қалатын пайда.* **Таза пар**. егін шар. *Топырақты ауылшаруашылық өсімдіктерін (көбіне күздік дақылдарды) егуге дайындау әдісі.* **Таза себінділер**. биол. *Жасанды оғар қосылған қоректік ортада бактерияларды, балдырлар мен саңырауқұлақтарды бір жасушасын егу арқылы көбейтіп өсіру әдісі.* **Таза су.** экол. *Құрамында лас заттектері жоқ су.* **Таза табыс.** экон. *Жалпы табыс пен төленген салықтарды қосқанда өндіріске жұмсалған шығындардың арасындағы айырма, яғни субъект есепті кезеңде алған қалдық нәтиже.* **Таза ұлттық өнім.** экон. *Өндірілген өнімнің өнім шығару барысында тозған өндіріс құрал-жабдығын ауыстыру (амортизация) үшін қажет бөлігін шегеріп тастағандағы жалпы ұлттық өнім.* **Таза ұсталу.** *Үнемі жуылып-шайылып, тазартылып отыру.* **Таза шарап**. тамақ. *Табиғи жолмен алынған, қоспасыз шарап.*

**ТАЗА[2]** зат. жерг. *Жібектен тігілген қымбат бағалы киім.*

**ТАЗАЛА=** ет. **1.** *Жуып-шайып, сүртіп, сыпырып, кір-қоқыстан тазарту.* **2.** *Зиянды қалдықтарды, жәндіктерді т.б. кетіру, жою.*

**ТАЗАЛАҒЫШ** сын. *Тазалауға арналған, тазалайтын.*

**Тазалағыш құралдар**. *Ыдыс-аяқ, ванналар және т.б. тазалау үшін қолданылатын әр алуан заттектер.*

**ТАЗАЛАН=** ет. *Тазартылу, лас, қоқыс т.б. арылу.*

**ТАЗАЛАНУ** *Тазалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАЛАС=** ет. *Тазартысу, жуысу.*

**ТАЗАЛАСУ** *Тазалас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАЛАТ=** ет. *Тазарту, жуғызу.*

**ТАЗАЛАТҚЫЗ=** ет. *Тазалаттыру.*

**ТАЗАЛАТҚЫЗУ** *Тазалатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАЛАТТЫР=** ет. *Тазалатқызу, тазарту.*

**ТАЗАЛАТТЫРУ** *Тазалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАЛАТУ** *Тазалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАЛАУ[1]** сын. *Тазарақ, аса кірлемеген, ластанбаған.*

**ТАЗАЛАУ[2]** *Тазала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тазарту, кір-қоқыстан арылту.* **2.** *Жер бетінен немесе қандай да бір нысан көлемінен (атмосфера, су, шикізат, т.б.) бөтен және жағымсыз заттектерді жою.* **3.** *Қатты, сұйық және газ тәріздес қалдықтарды қоршаған ортаны ластайтын зиянды қоспалардан арылту (яғни, қалдықтарды жағымсыз құрауыштардан тазарту).*

**Тазалау дәрежесі.** экол. *Шығарылған газдан немесе ақаба судан бөлініп алынған ластағыш заттек массасының тазартылғанға дейін газдың не судың құрамында болған ластағыш заттек массасына пайыздық қатынасы.* **Тазалау флотациясы**. экол. *Бірінші негізгі флотациялау операциясынан алынатын өнім сапасы оған қойылатын талаптарға сай келмеуіне байланысты жүргізілетін операция.*

**ТАЗАЛАУШЫ** зат. *Шаң-тозаңнан, кір-қоқыстан тазартушы.*

**ТАЗАЛЫҚ** зат. **1.** *Кір жолатпаушылық, шаң-тозаң баспаушылық; тап-тұйнақтылық.* **2.** ауыс. *Адалдық, ақниеттілік, пәктік.*

**Тазалық бақылаушы.** *Тазалық тексеруші, тіркеуші.* **Тазалық ережелері.** *Гигиеналық тәртіп.* **Тазалық күні.** а) *Кітапхана, мұражай, мұрағат сияқты кейбір мекемелердегі толық тазалық жұмыстарын жүргізетін, алдын ала белгіленген күні, келушілерді қабылдамайтын уақыт.* ә) *Орта мектептерде тоқсанның, оқу жылының аяғында және т.б. кездерде оқушылардың сабақтан кейін өз кабинеттерінде тазалық жұмыстарын жүргізетін күн.* **Тазалық сақтады.** *Таза ұстады.*

**ТАЗАР=** ет. **1.** *Кір-қоқыс, шаң-тозаң т.б. нәрселерден арылып, тазалану.* **2.** *Таза ауа жайылу.* **3.** ауыс. *Арам, жаман пиғылдан арылу.*

**ТАЗАРАҚ** сын. *Тазалау, біршама таза.*

**ТАЗАРТ=** ет. **1.** *Тазалау, кетіру.* **2.** хим. *Металдар мен қорытпалардың сапасын жақсартуға және бағалы ілеспе қоспалардан элементтерді алу үшін металдар мен қорытпалардан (әдетте, сұйық түрінде) қоспаларын кетіру.*

**ТАЗАРТҚЫ** зат. *Тазартатын химиялық қоспа.*

**ТАЗАРТҚЫЗ=** ет. *Тазалатқызу, таза еткізу.*

**ТАЗАРТҚЫЗУ** *Тазартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАРТҚЫШ** зат. *Шаң-тозаң, кір-қоқысты тазалағыш құрал.*

**Тазартқыш имараттар**. экол. *Ақаба суды ластағыш заттектерден жүйелі тазалауды жүргізуге арналған арнайы инженерлік құрылымдар.*

**ТАЗАРТПА** зат. геол. **1.** *Тазарту өнімі, геологиядағы ең қарапайым кен қазбасы.* **2.** *Мақсатты өнімдер сұйықты шайғындау әдісімен бөлініп алынған ерітінділер.*

**ТАЗАРТПАЛА=** ет. *Тазартылмаған заттарды олардың құрамындағы бөгде қоспалардан ажырату, айыру, аршу, қалыпқа түсіру және қорыту.*

**Тазартпалап қазу**. кен. *Ашық немесе жерасты жұмыстарында тазарту үңгу беттерінен пайдалы қазбаларды айырып алуға байланысты жүргізілетін жұмыстар жиынтығы.*

**ТАЗАРТПАЛАУ** *Тазартпала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАРТУ** *Тазарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тазалау, қоспасыз, табиғи күйде келтіру.* **2.** *Арылту, жою, кетіру.* **3.** хим. *Металлургияда құймалар мен жаншылған металдардың беттік қабатын күйіктен, таттан, құймалық қоспалар мен шаң-тозаңнан, сондай-ақ құю жүйесінің элементтерін кедір-бұдырдан арылту.* **4.** хим. *Мұнайды қайта айдаудан пайда болған дистиллаттарды зиянды қоспалардан (нафтенді қышқылдар, күкірті қосылыстар т.б.) арылту.* **5.** хим. *Түтін газдарын олардың құрамындағы қатты, бу және зиянды газ тәрізді қоспалардан арылту.* **6.** тамақ. *Сұйықтықты айдау арқылы тазалау, қоспалардан тазалау.*

**ТАЗАРТУШЫ** зат. *Тазалаушы, керексіз нәрседен арылтып сұрыптаушы.*

**ТАЗАРТЫЛ=** ет. *Тазалану, кір-қоқыстан т.б. арылу.* **2.** *Таза ауа жіберілу, желдетілу.*

**Тазартылған кеңістік.** кен. *Тазартып алу жұмыстарының нәтижесінде пайда болған, кені алынған кеңістік.* **Тазартылған су.** экол. *Қоспалар құрамы табиғи аядан немесе шектеулі*

*рауалы концентрациядан аспайтын деңгейге дейін жеткізілген су.*

**ТАЗАРТЫЛУ** *Тазартыл етістігінің қимыл атауы; желдетілу.*

**ТАЗАРТЫС=** ет. *Тазаласу.*

**ТАЗАРТЫСУ** *Тазартыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗАРУ** *Тазар етістігінің қимыл атауы; тазалану.*

**ТАЗАРЫЛ=** ет. *Тазару, арылу.*

**ТАЗАРЫЛУ** *Тазарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЗКИРА** [ар. تذكرة] зат. әдеб. *Жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беріп, шығармаларынан үзінді келтіретін кітап.*

**ТАЗКІЛЕМ** зат. жерг. қолөнер. **Тақыр кілем.**

**ТАЗҚАРА**[1] зат. зоол. <лат. aegypius monachus> *Үлкен жыртқыш құс; күшіген.*

**ТАЗҚАРА** зат. өс. *Малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**ТАЗҚАРЫН** зат. *Күйіс қайыратын жануарлардың төрт бөлімді қарнының тықыр түкті бастапқы ең үлкен бөлімі.*

**ТАЗҚҰМАЙ** зат. зоол. *Сұңқартәрізділер отрядына жататын ірі жыртқыш құс.*

**ТАЗША** сын. *Басы таз (бала).*

**ТАЗЫ** зат. *Жүні тықыр, сирақтары, сүйек бітімі нәзік, аң алатын жүйрік ит, құмай.*

**Тазыға [қыранға] алдырды.** *Аңға, аңға салды.* **Тазы ит.** *Үшкір ұзын тұмсықты, аяқтары ұзын, жіңішке, тықыр жүнді, денесі тығыршықтай болып келетін, жүйрік аң аулайтын иттің тұқымы.* **Тазы қуған қояндай**. *Қатты қорқып, абыржыған.*

**ТАЗЫҒЫР** зат. *Шөпсіз, тақыр жер.*

**ТАЗЫДАЙ** сын. *Тазы сияқты, тазы тәрізді.*

**ТАЙ**[1] зат. *Бір жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған жылқы төлі.*

**Тай бәйге [жарыс].** этн. *Ылғи тай мініп жарысатын бәйге.* **Тайға да, танаға да жетті**. жерг. *Жұрттың бәріне, тайлы-таяғына түгел жетті.* **Тайға таңба басқандай**. *Өте анық, айқын, бадырайған.* **Тай өгіз**. *Бір жастан асқан, піштірілген еркек тайынша.* **Тай шықты**. *Бір жасқа толды, құлындықтан кетті.*

**ТАЙ**[2] зат. *Бума, байлам, тең.*

**ТАЙ**[3] зат. этнон. *Оңтүстік Қытайдағы, Үндіқытай және Солтүстік-шығыс Үндістан елдеріндегі халықтар тобы.*

**ТАЙ**= ет. **1.** *Аяғы (дөңгелегі) сырғанап, тұрған орнынан жылжып кету.* **2.** ауыс. *Қашу, безу, қарасын көрсетпеу.*

**Тайып отырды [тұрды, берді].** *Кетіп қалды, зытты.* **Тайып тұрды.** *Жоқ болып кетті, қашты.*

**ТАЙГА** зат. геогр. *Солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуіндегі қылқан жапырақты орман белдемі.*

**ТАЙҒАҚ** сын. **1.** *Тайғанақ, сырғанағыш.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, баянсыз; бір сөзді емес, айнығыш.*

**ТАЙҒАҚТА=** ет. **1.** *Тайғанақтау, сырғанау.* **2.** ауыс. *Тайсақтау, айну, өзгеру; имену, жасқану.*

**ТАЙҒАҚТАН=** ет. *Тайғанақтану, сырғанақ болу.*

**ТАЙҒАҚТАНУ** *Тайғақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒАҚТАТ=** ет. *Сырғыту, тайдыру.*

**ТАЙҒАҚТАТУ** *Тайғақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒАҚТАУ** *Тайғақта етістігінің қимыл атауы; тайсақтау, айну.*

**ТАЙҒАҚТЫҚ** зат. **1.** *Тайғанақтық, сырғанақтық, сырғақтық.* **2.** ауыс. *Тұрақсыздық, жалтақтық.*

**ТАЙҒАНА=** ет. *Тайғанақтау, сырғанау.*

**ТАЙҒАНАҚ** сын. **1.** *Табан тұрмайтындай сырғанақ, тайғақ.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, табансыз.*

**ТАЙҒАНАҚТА=** ет. *Қайта-қайта тая беру, тайғақтау, сырғанау.*

**ТАЙҒАНАҚТАТ=** ет. *Сырғыту, тайғақтату.*

**ТАЙҒАНАҚТАТУ** *Тайғанақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒАНАҚТАУ** *Тайғанақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒАНАҚТЫЛЫҚ** зат. *Тайғақтық, сырғанақтық.*

**ТАЙҒАНАТ=** ет. *Сырғанату, тайғақтату.*

**ТАЙҒАНАТУ** *Тайғанат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒАНАУ** *Тайғана етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒЫЗ=** ет. *Ауытқу, дәл тигізбеу, мүлт кету.*

**ТАЙҒЫЗУ** *Тайғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҒЫШ** сын. **1.** *Тайғанақтағыш, тайғақтағыш.* **2.** ауыс. *Айнығыш, өзгергіш.*

**ТАЙДАЙ** сын. **1.** *Тай сияқты, тай тәрізді.* **2.** *Ірі, үлкен.*

**ТАЙДЫР=** ет. *Айныту, тайсақтату.*

**ТАЙДЫРТ=** ет. *Ысырту, ығыстыру.*

**ТАЙДЫРТУ** *Тайдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙДЫРУ** *Тайдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙДЫРЫЛ=** ет. *Түсірілу, құлатылу.*

**ТАЙДЫРЫЛУ** *Тайдырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЖАҚЫ** зат. этн. *Тай, құлын, құралай терісінен тіккен ішік.*

**ТАЙЖАҚЫЛЫ** сын. *Тайжақысы бар, тайжақы киген.*

**ТАЙЖАРЫС** зат. этн. *Тайлар ғана қатысатын бәйге.*

**ТАЙЖҮЗГЕН** зат. этн. *Өте үлкен саба.*

**ТАЙКӨКІРЕК** сын. *Алып-ұшқан, қызба, өршіл деген мағынада.*

**ТАЙҚА=** ет. *Тайқақтау, тайқып шығу, айну.*

**ТАЙҚАЗАН** зат. **1.** этн. *Тайдың еті түгел сыйып кетерліктей үлкен қазан.* **2.** ауыс. *Үлкен жетістік, ірі олжа.*

**ТАЙҚАЗАНДАЙ** сын. *Тайқазан сияқты үлкен.*

**ТАЙҚАҚ** сын. *Тұрақсыз, айнымалы, өзгермелі.*

**Тайқақ берді.** *Тайқақтады, тайсалды.*

**ТАЙҚАҚСУ** *Тайқақсы етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚАҚСЫ=** ет. **1.** *Қашқақтау, сырдақтау; тайсақтау.* **2.** *Тайсалу, қаймығу.*

**ТАЙҚАҚТА=** ет. *Тайсақтау, табансыздық көрсету, қашқалақтау, сырдақтау.*

**ТАЙҚАҚТАУ** *Тайқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚАЛ=** ет. *Тайсақтау, сырдақтау.*

**ТАЙҚАЛАҚ** сын. *Сенімсіз, күдікшіл. // Сенімсіз, күдікшіл адам.*

**ТАЙҚАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қайта-қайта таю, тайғанақтау.* **2.** ауыс. *Қашқақтау, сырдақтау.*

**ТАЙҚАЛАҚТАУ** *Тайқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚАЛУ** *Тайқал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚАНДА=** ет. сөйл. ***Тайқақта.***

**ТАЙҚАР**[1] зат. *Екі жасар есек.*

**ТАЙҚАР**[2] зат. өс. *Тамырсабақты өсімдік [үлкен әрі жуан тамыры жеуге жарамды].*

**ТАЙҚАРА** зат. жерг. *Бір жастағы есек.*

**ТАЙҚАУ** *Тайқа етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚИ=** ет. *Сәл шалқақ келу, тайқы болу.*

**ТАЙҚИТ=** ет. *Шалқақтату, шалқиту.*

**ТАЙҚИТУ** *Тайқит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙҚИЮ** *Тайқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚИЯБАС** зат. өс. *Егістіктерде өсетін арамшөптердің бір түрі.*

**ТАЙҚУ** *Тайқы етістігінің қимыл атауы; тайсалу, қашқақтау.*

**ТАЙҚҰЙРЫҚ** зат. өс. *Тамыры дәрілікке пайдаланылатын өсімдік.*

**ТАЙ-ҚҰЛЫН** зат. *Жылқы малының жас төлдері.*

**ТАЙ-ҚҰЛЫНДАЙ** сын. *Тай-құлын сияқты, тай-құлын тәрізді.*

**Тай-құлындай тебіскен.** *Балалық шақ, бозбала шағын бірге өткізген, қызық, қимас дәурен кешкен.* **Тай-құлындай тебісті.** *Асыр салып бірге өсті, жастық шағы бірге өтті.*

**ТАЙҚЫ** сын. *Тайпиған, шалқия біткен.*

**Тайқы маңдай.** *Жалпақ емес, тайпиған маңдай.*

**ТАЙҚЫ=** ет. **1.** *Сырғу, тайқақтау.* **2.** ауыс. *Батылы бармай жалт беру, тайсалу, қашқақтау, сырғақтау.* **3.** ауыс. *Айну, өзгеру.*

**ТАЙҚЫЛА**= ет. *Сырғыта түсу, тайғақтату.*

**Тайқылай салу.** кәс. *Етік өкшесіне бірнеше қабат сіріні жербасары жіңішке, табанына қарай жуындап келетіндей етіп қиғаштай кесіп салу тәсілі.*

**ТАЙҚЫЛАУ** сын. *Сәл шалқия біткен, тайпиғандау.*

**ТАЙҚЫМЫЗ** зат. этн. *Қатты ашымаған жұмсақ қымыз; сүт құйғаннан кейінгі екінші күнгі қымыз.*

**ТАЙҚЫТ=** ет. *Сырғыту, ысыру.*

**ТАЙҚЫТУ** *Тайқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЛА**= ет. *Бума-бума, тең-тең етіп буу, бума-бума етіп байлау.*

**ТАЙЛАҚ** зат. *Түйенің бір жастан екі жасқа дейінгі төлі.*

**Тайлақ келе.** *Тайлақтан құралған келе, топ.* **Тайлаққа артқан теңдей**. *Шамадан, мөлшерден артық затты әлі келмейтін жанға көтертуге орай айтылады.*

**ТАЙЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Тайраңда.***

**ТАЙЛАҚТАЙ** сын. *Тайлақ сияқты, тайлақ тәрізді.*

**ТАЙЛАҚТАТА** үст. *Тайлақ түрінде, тайлақ күйінде.*

**ТАЙЛАҚША**[1] зат. *Бір жарым жастан асқан, екі жасқа әлі толмаған тайлақтың атауы.*

**ТАЙЛАҚША**[2] зат. жерг. *Қоржынның құлып салатын ілгегі.*

**ТАЙЛАҚША**[3] үст. *Тайлаққа ұқсап, тайлақ секілді.*

**ТАЙЛАН** сын. ескі кіт. *Мықты, күшті, ірі, зор.*

**ТАЙЛАН**= ет. *Тай түрінде буылу.*

**ТАЙЛАНУ** *Тайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЛАП** үст. *Тай түрінде.*

**ТАЙЛАС** сын. жерг. *Теңдес, пар.*

**ТАЙЛАС**[1]= ет. *Тай түрінде буу.*

**ТАЙЛАС**[2]= ет. ***Тайталас.***

**ТАЙЛАСУ** *Тайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЛАТ**= ет. *Тай түрінде әкелу.*

**ТАЙЛАТТЫР**= ет. *Тай-тай етіп буу.*

**ТАЙЛАТТЫРУ** *Тайлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЛАТУ** *Тайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЛАУ** *Тайла етістігінің қимыл атауы; тай-тай етіп буу.*

**ТАЙЛЫ** сын. *Тайы бар, тай ерткен.*

**ТАЙЛЫҒУ** *Тайлық етістігінің қимыл атауы; қаймығу, жалтару.*

**ТАЙЛЫҚ** сын. *Тайдың құнына татырлық.*

**ТАЙЛЫҚ=** ет. **1.** *Тайсақтау, беттемеу, ығысу.* **2.** *Қаймығу, жалтару.*

**ТАЙЛЫ-ТАЯҚ** зат. *Үлкен-кіші, жас-кәрі, бала-шаға, ауыл-аймақ түгелімен, барлығы.*

**Тайлы-таяғы қалмады.** *Үлкен-кіші, бала-шаға, ауыл-аймақ бірі қалмады, барлығы келді, жиналды.*

**ТАЙЛЫ-ТАЯҚТЫ** зат. сөйл. ***Тайлы-таяқ.***

**ТАЙМ** [ағыл. time] зат. спорт. *Футбол ойынының үзіліске дейінгі және үзілістен кейінгі жеке-жеке бөлігі.*

**ТАЙМАҢ: таймаң қақты [етті].** жерг. *Таймаңдады, тайсалмады, именбеді.*

**ТАЙМАҢДА=** ет. жерг. *Еш нәрседен қаймықпау, тайсалмау.*

**ТАЙМАҢДАС=** ет. *Бір-бірінен қаймықпау, таймаңдау.*

**ТАЙМАҢДАСУ** *Таймаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙМАҢДАУ** *Таймаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙМЕН** [лат. hucho taimen] зат. зоол. *Албырттар тұқымдасы, өзі аттас туысқа жататын түр.*

**Таймен балық.** *Массасы 10–100 кг-ға дейін болатын ірі балық түрі* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

**ТАЙМЕР** [ағыл. timer] зат. **1.** тех. *Берілген уақыт аралығында техникалық жүйені, мәшинені, өндірістік немесе тұрмыстық аппаратты автоматты түрде қосып (өшіретін) бақылаушы-реттеуші аспап.* **2.** инф. *Уақыт санауыш схема.* **3.** инф. *Ағымдық уақытты немесе уақыт аралығын анықтайтын электрондық сағат (құрылғы) немесе белгілі бір уақыт аралығы сайын мәні өсіп, өзгертіліп отыратын сағат рөлін атқара алатын регистр.*

**ТАЙМ-ЧАРТЕР** [ағыл. time – уақыт, charter – қағаз, құжат] зат. экон. *Сауда кемесін немесе оның бір бөлігін белгілі бір мерзімге жалға алу жөніндегі теңіз тасымалы шарты.*

**ТАЙМШИТ** [ағыл. time – уақыт, sheet – парақ, тізімдік] зат. экон. *Шетелдік теңіз тасымалында жүк тиеу-түсіруге кететін уақыт шығыны дәл көрсетілетін теңіз тасымалы құжаты.*

**ТАЙПА** [ир. طایفه] зат. *Бірнеше ру, аталардан құралатын әлеуметтік топ, этникалық қауымның, қоғамдық бірліктің бір түрі.*

**Тайпалар одағы.** тар. *Байырғы тұрғындар бірлестігі.*

**ТАЙПАҚ** сын. **1.** *Биік емес, аласа.* **2.** *Шұңғыл емес, жайпақ.*

**ТАЙПАҚТАУ** сын. **1.** *Бойы аласалау, талпақтау.* **2.** *Жайпақтау, жайпиғандау.*

**ТАЙПАҚТЫҚ** зат. *Аласалық, талпақтық.*

**ТАЙПАҚША** сын. *Тайпақтау, аласалау.*

**ТАЙПАЛ=** ет. *Аттың біркелкі әдемі, жайлы жүрүі, жорғалауы.*

**Тайпалған жорға**. *Төрт аяғы тең жорға; су жорға.*

**ТАЙПАЛАС** сын. *Бір тайпадан шыққан, тайпасы бір.*

**ТАЙПАЛДЫР=** ет. *Тайпалату, жорғалату.*

**ТАЙПАЛДЫРУ** *Тайпалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙПАЛМА: тайпалма жорға**. *Су жорға, төгілген жорға.*

**ТАЙПАЛТ=** ет. *Тайпалдыру, жорғалату, жортақтату.*

**ТАЙПАЛТУ** *Тайпалт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙПАЛУ** *Тайпал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙПАЛЫ** сын. *Бірнеше тайпадан тұратын.*

**ТАЙПАЛЫҚ** сын. *Тайпаға тән, тайпаға қатысты.*

**Тайпалық тілдер.** лингв. *Туыс рулық тілдер негізінде туған, жеке тайпалар сөйлейтін тілдер; тайпалық диалектілер деген ұғыммен парапар.*

**ТАЙПАҢДА=** ет. *Тайпалу, шайқалып жүру; жорғалау.*

**ТАЙПАҢДАУ** *Тайпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙПИ=** ет. *Жайпию, жапыраю, жалпию.*

**ТАЙПИТ=** ет. *Жалпайту, апырайту.*

**ТАЙПИТУ** *Тайпит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙПИЮ** *Тайпи етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙРАҚТА=** ет. сөйл. ***Тайраңда.***

**ТАЙРАҚТАТ=** ет. *Тайраңдату, тайраң-тайраң еткізу.*

**ТАЙРАҚТАТУ** *Тайрақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙРАҚТАУ** *Тайрақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙРАЛАНДА=** ет. сөйл. ***Тайраңда.***

**ТАЙРАҢ** зат. **1.** *Тайрақтаған жүріс.* **2.** ауыс. *Еркінсіп масайраған қылық.*

**ТАЙРАҢДА=** ет. **1.** *Түйе малының тайраң-тайраң етіп желуі, ойнақтау.* **2.** *Түйе құсап арбаңдап, ебедейсіз жүру.* **3.** ауыс. *Ештеңеден ығыспай еркінсу, масайрау.*

**ТАЙРАҢДАС=** ет. *Масайрасу, еркінсу.*

**ТАЙРАҢДАСУ** *Тайраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙРАҢДАТ=** ет. **1.** *Тайраңдап ойнақтату, тайрақтату.* **2.** ауыс. *Масайрату, еркінсіту.*

**ТАЙРАҢДАТУ** *Тайраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙРАҢДАУ** *Тайраңда етістігінің қимыл атауы; еркінсу.*

**ТАЙРУЛМӘЛІК** зат. ескікіт. *Құс патшасы.*

**ТАЙСА=** ет. сөйл. ***Тайсал.***

**ТАЙСАҚ** сын. *Батыл емес, жалтақ, жасқаншақ.*

**ТАЙСАҚТА=** ет. *Қаймығып, именіп тайсалу, қашқалақтау.*

**ТАЙСАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Тайсалыңқырау, қашқалақтаңқырау.*

**ТАЙСАҚТАҢҚЫРАУ** *Тайсақтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАҚТАТ=** ет. *Тайсалту, қаймықтыру.*

**ТАЙСАҚТАТУ** *Тайсақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАҚТАУ** *Тайсақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАЛ=** ет. *Қаймығу, имену, жасқану.*

**ТАЙСАЛАҚТА=** ет. сөйл. ***Тайсақта.***

**ТАЙСАЛДЫР=** ет. *Жасқандыру, қаймықтыру.*

**ТАЙСАЛДЫРУ** *Тайсалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАЛТ=** ет. *Имендіру, қаймықтыру.*

**ТАЙСАЛТУ** *Тайсалт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАЛУ** *Тайсал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Қаймығыңқырау, именіңкіреу.*

**ТАЙСАЛЫҢҚЫРАУ** *Тайсалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАН=** ет. сөйл. ***Тайсал.***

**ТАЙСАНДЫҚ** зат. этн. *Төрт адам қолдасып көтеретін үлкен сандық.*

**ТАЙСАҢДА=** ет. *Тайсалақтау, қашқалақтау.*

**ТАЙСАҢДАУ** *Тайсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАТ=** ет. *Тайдыру, тайсақтау; қаймығу, имену.*

**ТАЙСАТУ** *Тайсат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСАУ** *Тайса етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙСУ** *Тайқу, айну.*

**ТАЙ-ТАЙ** сын. *Бума-бума, тең-тең.*

**ТАЙТАҚТА=** ет. *Тайраңдау, тайталақтау.*

**ТАЙТАҚТАТ=** ет. *Тайпаңдату, тайраңдату.*

**ТАЙТАҚТАТУ** *Тайтақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТАҚТАУ** *Тайтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТАЛАҚТА=** ет. *Тайтаңдау, тайраңдау.*

**ТАЙТАЛАҚТАУ** *Тайталақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТАЛАС** зат. **1.** *Талас-тартыс, егес, қақтығыс.* **2.** *Қатарлас, бірге, тең.*

**ТАЙТАЛАС=** ет. **1.** *Сөзбен я күшпен тіресу, таласып-тартысу.* **2.** *Бәсекелесу, жарысу.*

**ТАЙТАЛАСҚЫШ** сын. *Егескіш, ерегіскіш.*

**ТАЙТАЛАСТЫР=** ет. *Таластыру, тірестіру.*

**ТАЙТАЛАСТЫРУ** *Тайталастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТАЛАСУ** *Тайталас етістігінің қимыл атауы; жарысу, бәсекелесу.*

**ТАЙТАҢ: тайтаң қақты**. *Тайраң-тайраң етті, тайтаңдады.*

**ТАЙТАҢДА=** ет. **1.** *Тайраңдау, тайрақтау.* **2.** ауыс. *Еркінсіп, баса көктеу, дандайсу, ешкімнен ығыспау.*

**ТАЙТАҢДАТ=** ет. *Тайраңдату, тайрақтату.*

**ТАЙТАҢДАТУ** *Тайтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТАҢДАУ** *Тайтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙТЕРІ** зат. **1.** этн. *Тай терісімен тысталған көрпеше.* **2.** *Тай терісінен жасалған, жүннің үстіне қаратып салатын тері төсеніш, тулақ.*

**ТАЙ-ТУЛАҚ** зат. *Арық-тұрақ, нашар жылқы.*

**ТАЙТҰЯҚ**[1] зат. *19 ғ-ға дейін қазақ жерінде айналымда болған ақша түрі; аумағы тайдың тұяғындай кесек күміс, алтын.*

**ТАЙТҰЯҚ ЖАМБЫ** *Үлкендігі тай тұяғындай жамбы.*

**ТАЙТҰЯҚ**[2] зат. өс. <лат. nardosmia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТАЙФУН** [ағыл. typhoon] зат. *Тынық мұхиттың оңтүстік-шығыс Азияға жақын бөлігінде пайда болып, сұрапыл дауыл түрінде әрекет ететін өте күшті тропиктік циклонның аты.*

**ТАЙША**[1] зат. сөйл. ***Тайынша.***

**ТАЙША**[2] үст. *Тай секілді, тайға ұқсап.*

**ТАЙШАПТЫРЫМ: Тайшаптырым жер.** *Тай-құнан ентікпей келетін (5–10 шақырым) қашықтық деген мағынаны білдіретін* халықтық *өлшем.*

**ТАЙШҰНАҚ** зат. жерг. *Кішкене қап, қапшық.*

**ТАЙЫЗ** сын. **1.** *Терең емес, саяз. // Саяз жер.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі, білімі төмен, үстірт.*

**ТАЙЫЗДА=** ет. *Өзен-көлдің суы терең болмай, саяздану.*

**ТАЙЫЗДАН=** ет. *Саяздану, таяздану.*

**ТАЙЫЗДАНУ** *Тайыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЫЗДАТ=** ет. *Саяздату, таяздату.*

**ТАЙЫЗДАТУ** *Тайыздат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЫЗДАУ**[1] сын. **1.** *Саяздау, жайдақтау.* **2.** ауыс. *Ақыл-ойы, білімі төмендеу, шамалылау.*

**ТАЙЫЗДАУ**[2] *Тайызда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Терең болмаушылық, саяздық.* **2.** ауыс. *Білімі аздық, ой өрісі төмендік.*

**ТАЙЫН=** ет. *Жүрексініп имену, жасқану, тайсалу, қаймығу.*

**ТАЙЫНБА=** ет. *Неден болса да тартынбау, алған бетінен қайтпау, тәуекелге бел байлау.*

**ТАЙЫНБАУ** *Тайынба етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЫНУ** *Тайын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЙЫНША** зат. *Бір жасқа толып, екі жасқа жетпеген торпақ.*

**ТАЙЫНШАДАЙ** сын. *Тайынша сияқты, ірілеу, үлкен.*

**ТАКА** зат. экон. *Бангладеш ақша бірлігі.*

**ТАКЕЛАЖ** [голл. takelage] зат. *Ауыр жүкті көтеруге, тасымалдауға қажетті құралдар (шынжырлар, сым арқандар) құрамы.*

**ТАКЕСИКА** зат. псих. **1.** *Адамдардың қол алысу, сүйісу, тиіп кету т.б. жанасқан қарым-қатынасы* **2.** *Осы құбылыстарды зерттейтін психологияның бір саласы.*

**ТАКИН** зат. зоол. *Сырт түрі бұқаға ұқсас жүні жібектей, майда, салмағы 350 келіге дейін болатын сиырдың бір түрі.*

**ТАКИЯ** ескікіт. ***Сүйену.***

**ТАКРАР** зат. ескікіт. ***Қайталау.***

**ТАКС** зат. әкс. *Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың американдық әскери жүйесі.*

**ТАКСА** [лат. taxare] зат. экон. *Мемлекет немесе өзін-өзі басқару органдары дәл белгілеген тауарлар бағасы немесе еңбек пен көрсетілетін қызмет ақысының мөлшері.*

**ТАКСИ** [франц. taxi] зат. *Жүрілген жолға арнаулы таксометрдің көрсетуі бойынша ақы ұстап, жолаушылар мен жүк тасымалдауға арналған автомобиль.*

**ТАКСИЛЕТІП** үст. сөйл. *Такси ұстап, такси мініп.*

**ТАКСИС**[1] [грек. taxis] зат. биол. *Еркін қозғалатын ағзалардың (жануарлар, бактериялар), сондай-ақ кейбір жасушалардың (сперматозоидтардың) біржақты әрекет етуші факторға жауап ретінде қозғалу реакциялары.*

**ТАКСИС**[2] [грек. taxis] зат. лингв. *Мезгілдес амал әрекетті білдіретін функционалды-семантикалық категория.*

**ТАКСИСТ** зат. сөйл. *Такси жүргізушісі.*

**ТАКСИСТІ** сын. биол. *Таксисі бар, таксиске қатысқан.*

**Таксисті қозғалыстар.** биол. *Өсімдіктердің, өсімдік мүшелерінің, жасушалардағы органеллалардың белгілі бір фактордың әсерінен кеңістіктегі белгілі бір бағытта жылжуы.*

**ТАКСОМЕТР** [лат. taxo – құнын анықтаймын, грек. metron – өлшем] зат. көлік. *Жұмысын есепке алатын және қабылданған тариф бойынша жолақы сомасын көрсетуге арналған аспап.*

**ТАКСОМОТОР**: **таксомотор паркі**. *Таксилерді пайдалануға беретін, оның бүкіл жұмысын басқаратын мекеме.*

**ТАКСОН** [грек. taxis – орналасу, on – мән] зат. *Қасиеттері мен белгілерінің ортақтығы әртүрлі дәрежесімен байланысқан дискреттік нысандар тобы.*

**ТАКСОНОМИЯ** [грек. taxis – орналасу, nomos – заң] зат. биол. *Ағзаларды олардың туыстық дәрежесі бойынша иерархиялық жіктеудің ұстанымдарымен, әдістерімен және ережелерімен шұғылданатын биология саласы.*

**ТАКСОНОМИЯЛЫҚ** сын. *Таксономияға тән, таксономияға қатысты.*

**Таксономиялық категория**. *Таксономияда категориялардың бір-біріне бағыныштытоптарын – таксондарды белгілеу үшін қолданылатын түсініктер.*

**ТАКСОФОН** зат. *Шақырушы абоненттің бір реткі ақылы байланысы үшін жалпы қолданыстағы телефон аппараты.*

**ТАКТ** [нем. Takt] зат. муз. *Музыкалық шығармалардың салмақты үлесі мен салмақсыз үлесінің аралығы.*

**ТАКТИК** зат. *Тактикаға шебер адам.*

**ТАКТИКА** [грек. taktika] зат. **1.** әск. *Соғысты басқара, жүргізе білу ғылымы; барлық әскер түрлерінің және қарулы күштер түрлерінің бөлімшелері, бөлімдері мен құрамаларының ұрысқа дайындығы мен оны жүргізудің теориясы және практикасы.* **2.** *Белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс, жол, экономикалық, әлеуметтік және басқа саясатта алға қойылған мақсатқа жету үшін қолданылатын құралдар мен тәсілдер; іс-қимыл желісі.*

**ТАКТИКАЛЫҚ** сын. *Тактикаға жататын, тактикамен байланысты.*

**Тактикалық барлау.** әск. *Әскери барлаудың құрамалардың, бөлімдер мен бөлімшелердің командирлері мен штабтары, әскерлер (күштер) түрлерінің, арнаулы әскердің бастықтары және ҚК-дің барлық түрлерінің құрамалары мен бөлімдерінің қызметтері ұйымдастыратын құрамдас бөлігі.* **Тактикалық бомбалаушы.** әск. *Қарсыластың нысандарын ұрыс даласында және оперативтік терендікте жоюға арналған жоғары ұшу салмағы 35–70 т, ұшу қашықтығы 5 мың км-ге дейін, бомбалық жүк көтергіштігі 3–4,5 т, ядролық жойғыш бөлігі бар ұшақ.* **Тактикалық бүркеме.** әск. *Бірлестіктердің, бөлімдер мен бөлімшелердің ұрысқа дайындығын немесе құпия объектлердің орнын жасыру үшін жүргізілетін бүркеме.* **Тактикалық бүркеніш.** әск. *Өз әскерлерінің (күштерінің) ілгерілеуі мен орналасуын, артиллериялық және ракеталық әскерлердің атыс (сөрелік) позицияларын, басқару пункттері мен басқа да маңызды объектілердің орналасуын қарсыластан жасыру арқылы жергілікті жердің бүркеніш қасиеттерін, көріну шектеулі болатын жағдайлар мен бүркеніш құралдарын, сондай-ақ жалған позициялар, аудандар жасау әдістерін пайдаланып жасалатын бүркеніш.* **Тактикалық дайындық.** әск. *Бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды сол әскер салаларының тактикасына сәйкес ұрысты ұйымдастыру мен жүргізу тәсілдеріне үйрету мақсатындағы жауынгерлік дайындықтың маңызды бөлімі.* **Тактикалық десант.** әск. *Қарсыластың тактикалық және жақын маңдағы операциялық бөлімдеріндегі маңызды объектілерді алу және жойып жіберу үшін шабуылдау соғыстарында, қарсылас әскерлерінің маневрлік іс-шараларын тоқтатуда және қауырт шабуылдарды қамтамасыз ету үшін қолданылатын десант.* **Тактикалық жағдай.** әск. *Құрама (бөлім, бөлімше) мен оның көршілері ұрысқа дайындалатын және оны жүргізетін ұрыс алқабында (учаскеде, ауданда) қалыптасатын жағдай.* **Тактикалық жаттығу.** әск. *Барлық әскер салаларының бөлімшелері мен бөлімдерін, арнайы әскерлерді, олардың командирлері мен штабтарын қазіргі заманғы ұрыс жүргізуге іс жүзінде бірлесе дайындаудың ең жетілген түрі.* **Тактикалық зымырандар.** *Жалпы әскери қарулар құрамаларынан тұратын және қарсыластардың тактикалық тұпкірінде орналасқан объектілерді жоюға арналған ұрыс ракеталары.* **Тактикалық қор.** әск. *Құрамалар (бөлімдер), бөлімшелер командирлерінің тікелей қол астындағы бөлімдер (бөлімшелер); ұрыстық рет элементі.*

**ТАҚ**[1] [ир. تخت] зат. **1.** *Хан, патша, корольдің отыратын орны, сандал тақ.* **2.** *Билік, билікке ие болу белгісі.*

**Тақ басына әкелді.** *Таққа отырғызды, билікке жеткізді.* **Тағынан түскен жоқ.** *Күш-қуатынан айырылған жоқ, қартайған жоқ.* **Таққа мінгендей.** *Ерекше құрметтелді, қадірленді.* **Таққа мінді [отырды].** *Хан сайланды, патша болды.* **Тақтан тайдырды.** *Тақтан түсірді, тақтан құлатты.* **Тақтан түсті [құлады, тайды].** *Патшалықтан, хандықтан айырылды.* **Тақтан түсірді [құлатты, тайдырды].** *Патшалығынан, хандығынан айырды.*

**ТАҚ**[2] зат. **1.** матем. *Жұппен алмасып келіп отыратын сан (1, 3, 5, 7).* **2.** ауыс. *Жеке, дара, жалғыз.*

**Тақ функциялар**. матем. *Өзінің анықталу облысындағы барлық x үшін $f(-x)=f(x)$ шартын қанағаттандыратын $f(x)$ функциясы.*

**ТАҚ**[3] үст. *Нақ, тура, дәл.*

**ТАҚ**[4] елік. *Тақылдаған қысқа да қатты дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тақ етті.** а) *Сарт етіп, қатты дыбыс шықты.* ә) *Сақ етіп, дәл жауап берді.*

**ТАҚ=** ет. **1.** *Бір нәрсені қадау, жапсыру, ілу.* **2.** *Пайдалану, байлау, орау, салу.*

**ТАҚА**[1] зат. **1.** жерг. *Аяқкиімнің өкшесі, өкшелігі.* **3.** *Көлемі өкшені айналып келген доғаша болатын, аяқкиімнің өкшесіне қағылған, металдан жасалған жалпақ кесінді.*

**ТАҚА**[2] үст. *Нақ, нағыз, тура, әбден.*

**ТАҚА=** ет. *Жақындау, жуықтау, таяну.*

**ТАҚАЗ** зат. жерг. *Жоны қоңыр, ұзынша, жіңішке балық.*

**ТАҚАЙЫР: тақайыр қылмады.** *Айныды, өзгерді.*

**ТАҚАҚТА=** ет. *Бір нәрсені қайта-қайта айтып, мазаны алу.*

**ТАҚАҚТАТ=** ет. *Қайталату, қақсату.*

**ТАҚАҚТАТУ** *Тақақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАҚТАУ** *Тақақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАЛ=** ет. *Жақындау, жуықтау.*

**ТАҚАЛА=** ет. сөйл. ***Тақа.***

**ТАҚАЛТ=** ет. *Жақындату, жуықтату.*

**ТАҚАЛТУ** *Тақалт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАЛУ** *Тақал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Жақындаңқырау, жуықтаңқырау.*

**ТАҚАЛЫҢҚЫРАУ** *Тақалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАЛЫС=** ет. *Жақындасу, жуықтасу.*

**ТАҚАЛЫСУ** *Тақалыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАС** зат. *Талас-тартыс, егес.*

**ТАҚАС**[1]**=** ет. *Ерегісу, егесу, таласу.*

**ТАҚАС**[2]**=** ет. *Жақындату, жуықтату, тақау.*

**ТАҚАСТЫҚ** зат. *Таласып-тартысушылық, ерегісушілік.*

**ТАҚАСТЫР=** ет. *Қағыстыру, жақындастыру.*

**ТАҚАСТЫРУ** *Тақастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАСУ** *Тақас етістігінің қимыл атауы; ерегісу, таласу.*

**ТАҚАТ** [ар. طاقة] зат. сөйл. ***Тағат*** *(мұрша, мезіл, мүмкіндік).*

**Тақат қылды.** *Сабыр қылды, шыдады.* **Тақат қып тұра алмады.** *Шымдамсызданды, әбігерленді, тақат қылуға шамасы келмеді.*

**ТАҚАУ**[1] үст. *Таяу, жуық, жақын.*

**ТАҚАУ**[2] *Тақа етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚАУЛАУ** сын. *Жақынырақ, жуықтау.*

**ТАҚАУЫР** сын. сөйл. *Жедел (талап).*

**ТАҚАУЫРЛА=** ет. *Қузалау, қаузау.*

**ТАҚАУЫРЛАН=** ет. *Бітуге жақындау.*

**ТАҚАУЫРЛАНУ** *Тақауырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚБЕЗЕ** зат. жерг. *Тақсірет, тауқымет.*

**Тақбезесін тартты.** *Тақсіретін, зардабын тартты.*

**ТАҚИҚ** [ар. تحقيق] сын. ескікіт. *Анық, айқын, таза.*

**ТАҚИҚДАР** зат. ескікіт. *Дидар, бейне.*

**ТАҚИЯ** [ар. طاقيه] зат. *Кестелеп, сырып жасалған дөңгелек, жеңіл баскиім.*

**Тақияға тар келе ме [тарлық етпейді].** *Қомсынып, олқысынып отырсың ба деген мағынада.* **Тақияда тамтығын қалдырмады.** *Бәрінен айырды, түгін қалдырмады.* **Тақияда тамтығы қалмады.** *Түгін қалдырмай, қиратып бүлдірді.* **Тақияң жерге түседі [түсердей].** *Зәулім, биік.* **Тақия тігіп беретін тапты.** *Қыз тапты, қызды болды.* **Тақиясына тар келдң.** *Осал, солғын болды, көңілі толмады.*

**ТАҚИЯДАЙ** сын. **1.** *Доп-дөңгелек.* **2.** *Өте тар, кішкентай.*

**ТАҚИЯЖҮГІРТПЕК** зат. этн. ойын. *Ұлттық ойын түрі.*

**ТАҚИЯҚАРЫН** зат. анат. *Месқарын мен жалбыршақ қарын аралығында орналасқан*

*ең кішкентай қосалқы қарын; қарынның тықыр түкті бөлігі.*

**ТАҚИЯЛЫ** сын. *Тақия киген, тақиясы бар.*

**ТАҚИЯТЕППЕК** зат. этн. *Тақия теуіп ойнайтын балалар ойыны.*

**ТАҚИЯТҰЗАҚ** зат. аңш. *Кішкентай құстарды ұстауға арналған шағын, дөңгелек тұзақ.*

**ТАҚИЯСЫЗ** сын. *Тақиясы жоқ, тақия кимеген.*

**ТАҚИЯШАҢ** сын. *Басына тақия ғана киген.*

**ТАҚҚЫЗ=** ет. *Тақтыру, қадату.*

**ТАҚҚЫЗУ** *Таққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЛИДИ: таклиди иман.** діни. *Қоршаған ортаның әсерімен немесе біреулерден естіп, соларға еліктіп мақұлдаудан болған иман.*

**ТАҚПАҚ** зат. *Жаттап алып, көпшілік алдында айтуға лайықты шағын өлең.*

**ТАҚПАҚТА=** ет. **1.** *Өлең сөзді жатқа айту, тақпақ айту.* **2.** *Сөздің майын тамызып, қиыстырып, термелеп айту.*

**ТАҚПАҚТАТ=** ет. *Тақпақ айту, жатқа айту.*

**ТАҚПАҚТАТУ** *Тақпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚПАҚТАУ** *Тақпақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тақпақтап сөйлеу.* **2.** *Қисынды сөзді, тақпақты мәнерлеп айту.*

**ТАҚПАҚШЫ** зат. *Тақпақ айтушы.*

**ТАҚПАҚШЫЛ** сын. *Термелеп, нақылдап сөйлегіш.*

**ТАҚРАР** [ар. تكرار] шыл. *Қайта, тағы.*

**ТАҚСЫ** сын. жерг. *Тентек, қисық, бұзық.*

**ТАҚСЫР** [ар. تحضير] зат. көне. *Мәртебесі жоғары адамға жалыну-жалбарыну мағынасында айтылатын қаратпа сөз.*

**ТАҚСЫРЛА=** ет. *Тақсыр-тақсыр деу.*

**ТАҚСЫРЛАУ** *Тақсырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚСІРЕТ** [ар. تحسيرات] зат. *Ауыртпалық, қиыншылық, азап.*

**Тақсірет тырнағы.** *Көңіл кірбіңі, сары уайым, ауыртпалық.* **Тақсіретті жықты.** *Қайғыны, қиындықты жеңді.* **Тақсіретін тартты [шекті].** *Азабын көрді, зардабын тартты.*

**ТАҚТА**[1] [ар. تخت] зат. **1.** *Бормен жазуға лайықталып жасалған қара не қызыл түсті мектеп жабдығы.* **2.** *Түрлі құлақтандыру, жарнама, күнделікті хабар, газет т.б. ілінетін арнаулы тақтай.* **3.** *Құрылыста, үйлердің, ғимараттардың т.б. іші-сыртын қаптауға, еденге төсеуге, төбесін жабуға пайдаланылатын құрылыстық құрылым.*

**ТАҚТА**[2] зат. **1.** *Арасын межелеп бөліп-бөліп тастаған егістік жер.* **2.** *Өлшеп, бірдей етіп бөлінген, тақталанған бөлік.*

**Тақта болды.** *Дән байлады.* **Тақта шоколад.** тамақ. *Құрамында 0,6%-ға дейін тоебромин, 0,4%-ға дейін қымыздық қышқылы бар өте құнарлы тағам.*

**ТАҚТА**[3] зат. жерг. қолөнер. *Әсиеден кейін тоқылатын кілемнің жиегі.*

**ТАҚТАДАЙ** сын. *Тақта сияқты, тақта тәрізді тегіс, жазық.*

**ТАҚТАЖАУЫР** зат. кәс. *Іскісіз жауыр [әдетте, жылқының қапталындағы жауырға байланысты айтылады].*

**ТАҚТАЖЕЛБЕЗЕКТІЛЕР** зат. зоол. *Моллюскалардың бір класы.*

**ТАҚТАЙ** зат. *Бөренені тіліп әзірленетін екі жағы тегіс, жұқа ағаш, құрылыс материалы. // Тақтайдан істелген.*

**Тақтай еденді.** *Еденіне тақтай төселген.* **Тақтай кәріз.** *Тақтайдан тор немесе үш бұрышты құбыр жасап, артық жерасты суын басқа тұсқа бұрып әкету арқылы жер құрғататын тәсіл.* **Тақтай жол.** *Дағдылы жол, түзу бағыт, жөн.* **Тақтай соқты болды.** *Денесіне тақтай батты.*

**ТАҚТАЙДАЙ** сын. *Кедір-бұдырсыз, тептегіс.*

**ТАҚТАЙЛА=** ет. **1.** *Тақтай төсеу, тақтай салу.* **2.** ауыс. *Тізу, тізбектеу.*

**ТАҚТАЙЛАН=** ет. *Тақтай төселу, тақтай салыну.*

**ТАҚТАЙЛАНУ** *Тақтайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚТАЙЛАТ=** ет. *Тақтай төсету, тақтай салдыру.*

**ТАҚТАЙЛАТУ** *Тақтайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚТАЙЛАУ** *Тақтайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚТАЙЛЫ** сын. *Тақтай төселген, тақтай салған.*

**ТАҚТАЙША** зат. *Кішкене тақтай.*

**ТАҚТАКІЛЕМ** зат. қолөнер. *Көп қатарлы жолақтардан тұратын кілем.*

**ТАҚТАҚ**[1] зат. зоол. *Інге ұя салатын ақ құйрық торғай.*

**ТАҚТАҚ**[2] сын. *Кедір-бұдырсыз, тегіс.*

**ТАҚ-ТАҚ**[1] елік. *Тарс-тарс, сарт-сарт еткен қысқа да қатты дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тақ-тақ етті.** *Тақылдады, тарсылдады.*

**ТАҚ-ТАҚ**[2] зат. өс.сөйл. ***Арпашөп.***

**ТАҚТАЛА=** ет. *Тақта-тақта етіп бөлу.*

**ТАҚТАЛАУ** *Тақтала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚТАЛЫЛАР** зат. зоол. <лат. placozoa> *Дене пішінін өзгертіп, амеба сияқты қозғалатын, омыртқасыздардың бір типі.*

**ТАҚТАТАСТАР** зат. геол. *Бітімі тақталанып келген метаморфтық тау жыныстарының жалпы атауы.*

**ТАҚТАТАСТЫҚ** зат. геол. *Қатты соққы әсерінен тау жыныстарының белгілі жазықтыққа параллель, біршама оңай жарылу қабілеті.*

**ТАҚТАТАСТЫЛЫҚ** зат. геол. *Қат-қабатты метаморфтық таужыныстардың жіктелу жазықтығы оларды құрайтын жарғақты, қабыршақты және созылмалы минералдардың орналасу бағытына параллель болуымен сипатталатын кливаж нәтижесінде осы таужыныстардың жеке-дара тақташаларға даралану пішіні.*

**ТАҚТАШАЙ** зат. тамақ. *Шай үгінділерінен массалары 100, 200, 500 г болатындай етіп, төрт бұрыштап, баспаланып өндірілген шай.*

**ТАҚ-ТҰҚ** сын. *Болар-болмас, жетер-жетпес; бірде бар, бірде жоқ, жарымаған.*

**ТАҚТҰЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. perissodactyla> *Сүтқоректілер класының отряды, ірі жануарлар.*

**ТАҚТЫР=** ет. *Таққызу, байлаттыру.*

**ТАҚТЫРУ** *Тақтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚУА** [ар. تقوى] сын. *Діндар, діншіл. // Діндар, діншіл адам.*

**Тақуа болу.** *Шариғат талаптарын шын пейілімен беріліп орындау.*

**ТАҚУАЛАН=** ет. *Тақуа болу, тақуаға тән қылық көрсету.*

**ТАҚУАЛАНУ** *Тақуалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚУАЛАУ** сын. *Тақуаға бейімірек, діндарлау.*

**ТАҚУАЛЫҚ** зат. **1.** *Тақуаға тән іс-әрекет.* **2.** *Адамның діни, адамгершілік, әдептілік парыздары мен міндеттеріне адалдығын сипаттайтын имандылық қасиеті.*

**ТАҚУА-ТАҚТАҚ** сын. жерг. *Шешен, тілмар.*

**ТАҚУАСЫН=** ет. *Тақуа болғансу, діндарсу.*

**ТАҚУАСЫНУ** *Тақуасын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚУАША** үст. *Тақуаға ұқсап, тақуа тәрізді.*

**ТАҚША** зат. инф. <ағыл. board> *Электрондық құрауыштардан тұратын, компьютердің басқа құрылғыларымен жалғаса алатын, бетінде баспа өткізгіштері бар ауыстырмалы шағын тақта.*

**ТАҚЫ** зат. көне. *Амал, айла, әдіс.*

**ТАҚЫЛ**[1] зат. *Тақ-тақ еткен дыбыс.*

**ТАҚЫЛ**[2] зат. көне. *Амал-айла, қулық.*

**ТАҚЫЛДА=** ет. **1.** *Тақ-тақ ету, тарсылдау.* **2.** ауыс. *Мүдірмей бөгетсіз, тық-тық етіп сөйлеу.*

**ТАҚЫЛДАҚ**[1] зат. *Тас ататын соғыс қаруы.*

**ТАҚЫЛДАҚ**[2] сын. *Тақылдауық, сөзуар, сайрауық.*

**ТАҚЫЛДАТ=** ет. *Тақ-тақ еткізу.*

**ТАҚЫЛДАТУ** *Тақылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫЛДАУ** *Тақылда етістігінің қимыл атауы; тықылдап сөйлеу.*

**ТАҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Тақылдақ, тақылдағыш.*

**ТАҚЫЛЕТТЕС** сын. сөйл. ***Тақылетті.***

**ТАҚЫЛЕТТІ** сын. *Ұқсас, сияқты, тәрізді.*

**ТАҚЫЛЖЫР** зат. **1.** жерг. ***Тақым.*** **2.** анат. <лат. patella> *Ортан жіліктің тобықтық шығырымен буын арқылы байланысқан ірі тиек сүйек.*

**ТАҚЫЛ-ТАҚЫЛ** үст. *Аз-аздан, жиі-жиі (тамақ ішу).*

**ТАҚЫЛ-ТҰҚЫЛ** үст. *Бірде бар, бірде жоқ, тақ-тұқ.*

**ТАҚЫМ** зат. *Тізенің астыңғы, ішкі жағы.*

**Тақымға басқан ат.** *Шаруаның не жеке бір адамның жасынан күтіп, жеке иелігіне алып жүрген күш-көлігі.* **Тақым басты.** а) *Тақымымен тебініп, атқа шиу-шиуледі.* **Тақымға бұрау салды.** *Арқанмен қатты буып қинады.* **Тақым батырды.** *Қинады, озбырлық көрсетті.* **Тақым бұрау [тақымына қыл бұрау] салды.** көне. *Қылмысты адамдарды (ұры, барымташы т.б.) азаптаудың бір жолы; жазаның түрі.* **Тақым бұрау, тар қыспақ.** *Ауыр азап, қиыншылық.* **Тақым жазды.** *Шапты, жүрді деген мағынада айтылады.* **Тақымға алды.** *Қатты састырды, әбден қысты.* **Тақымға салды.** *Тізесін батырды, күш көрсетті.* **Тақым салды.** *Атқа мінді, атқа шапты.* **Тақымы атқа жарымады.** *Мініп жүрер көлігі болмады.* **Тақымы берік.** *Атқа нық, мығым отыратын (адам).* **Тақымы жылтыраған.** *Кедей, жоқ-жітік.* **Тақымы кеппес ұры.** *Баукеспе ұры.* **Тақымына ат тиді.** *Астына ат бітті.* **Тақымына басты.** а) *Мінді, көлік етті.* ә) *Тізенің астыңғы жағына қыстырды.* б) *Тізенің астыңғы жағына қысты.* **Тақымынан сойыл түспеді.** *Көп жапа шекті, таяқ жеді, азап тартты.* **Тақымын жазды.** *Атқа мініп шапты.* **Тақымы толмады.** *Көңілі толмады, місе тұтпады, қорашсынды.*

**ТАҚЫМДА=** ет. **1.** *Көлікті жүргізу үшін тақым қағу, тақым қысу.* **2.** *Өкшелеп қалыспау.* **3.** ауыс. *Қоярда қоймай қыр соңына түсу, тақақтап қалмау, қайталай беру.*

**ТАҚЫМДАС=** ет. *Жақындасу, қатарласу.*

**ТАҚЫМДАСУ** *Тақымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫМДАТ=** ет. *Жақындату, қатарластыру.*

**ТАҚЫМДАТУ** *Тақымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫМДАУ** *Тақымда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫМДЫҚ** зат. *Тақымның тұсы, шапқа жақын жер.*

**ТАҚЫМКЕШ** сын. *Көкпарда, жекпе-жек тартыста жеңгіш (адам).*

**ТАҚЫМҚАҒАР** зат. *Атқа мінгенде тақым тимеу үшін былғарыдан, киізден жасалған зат.*

**ТАҚЫМТАҒЫЛАН=** ет. *Көптен атқа отырмай, жатырқау, тосырқау.*

**ТАҚЫР**[1] зат. **1.** геогр. *Шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін құқыл жер.* **2.** экол. *Шөл мен шөлейттегі жазық сазды ойпауыттарда түзілетін топырақ типі.* **3.** *Шөбі құрап қалған, тегіс жер.* **4.** *Өсімдіксіз, беті кеуіп жарылып кеткен ойдым жер; топырақтың түзіле бастаған бір түрі. // Тықыр, жалтыр. // Кенде, жұрдай.*

**Тақырға [тақыр мұзға, тақыр жерге] отырғызды [отырғызып кетті].** *Айла-амалын асырып, жер соқтырды, алдады.* **Тақыр жер.** *Еш нәрсе төселмеген, төсенішсіз жер.* **Тақыр жерге отырғызды.** *Жер соқтырды, алдап кетті.* **Тақыр жерден шөп шығарған.** *Қу, айлакер адам деген мағынада.* **Тақыр жетім.** *Жанашыр ешкімі жоқ, нағыз жетім.* **Тақыр кедей.** *Түгі жоқ, нағыз кедей.* **Тақыр мұзға отырды.** *Қапы қалды, алданды.*

**ТАҚЫР**[2] сын. жерг. *Дәмнің ащы татымының бір түрі.*

**ТАҚЫР**[3] зат. жерг. кәс. *Қырман.*

**ТАҚЫРАЙ=** ет. *Шашы алынып, тақыр болу.*

**ТАҚЫРАЙТ=** ет. *Тақыр етіп, жалтырлату.*

**ТАҚЫРАЙТУ** *Тақырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫРАЮ** *Тақырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫРКІЛЕМ** зат. қолөнер. *Түксіз әрі тығыз тоқылған кілем.*

**ТАҚЫРЛА=** ет. *Тақыр ету; түк қалдырмау.*

**ТАҚЫРЛАН=** ет. *Тықырлану, шөп шықпау.*

**ТАҚЫРЛАНУ** *Тақырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫРЛАТ=** ет. *Тықырлау, жалтырату.*

**ТАҚЫРЛАТУ** *Тақырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫРЛАУ**[1] сын. *Сәл тақыр.*

**ТАҚЫРЛАУ**[2] *Тақырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫР-ТАЗА** үст. *Бүтіндей, біржола.*

**ТАҚЫРТАҚ** зат. *Тақыр.*

**ТАҚЫРШАҚ** зат. *Сортаң, тақыр жер.*

**Тақыршаққа отырғызды.** *Жер соқтырды, алдап кетті.* **Тақыршаққа отырды.** *Қапы қалды, алданып қалды.*

**ТАҚЫРШЫЛЫҚ** зат. *Құрғақшылық, қуаңшылық, шөп өспей қалушылық.*

**ТАҚЫРЫП** зат. **1.** *Жазған еңбектің, шығарманың, оқылатын дәріс, баяндама, сабақтың аты.* **2.** *Шығарма мазмұнының негізгі арқауы, онда сөз болатын басты мәселе, айтылатын жайдың бағыт-бағдары.* **3.** инф. <ағыл. header> *Бағдарламаның, құрылғы драйверінің және т.б. басында орналасатын параметрлер блогы.* **4.** инф. *Құжаттың бастапқы бөлігі; мәліметтерді жеткізу желілерінде – берілетін хабардың арнайы басқарушы символынан кейін орналастырылатын және адрес ретінде пайдаланылатын символдар тізбегі.* **5.** инф. *Windows жүйесіндегі мәтіндерде – құжат беттерінің жоғарғы жағына орналасқан колонтитул.* **6.** инф. *Терезенің, диалогтық терезенің немесе аспаптар тақтасының жоғарғы бөлігіндегі көк немесе басқа түсті көлденең белдеу.*

**Тақырып алабы.** инф. <ағыл. title bar> *Терезе тақырыбы жазылған экранның ең жоғарғы жолында орналасқан, көкшіл не басқа түсті көлденең жол.* **Тақырып файлы.** инф. <ағыл. header file> *Бағдарламаның басында анықталған және Си тілінде жазылған бағдарламадағы қызметтерде пайдаланылатын айнымалылар мен мәліметтер типі бар сыртқы файл.* **Тақырыпқа барғыш.** ресми. кіт. *Әдеби шығарманың тақырыбын таңдауда біреуіне қайта-қайта орала беру.* **Тақырыпқа барғыштады.** кіт. *Шығарманың тақырыбын таңдауда біреуіне қайта-қайта орала берді.*

**ТАҚЫРЫПТАС** сын. *Тақырыбы бір, ұқсас.*

**ТАҚЫРЫПТЫҚ** сын. *Тақырыпқа қатысты, белгілі бір тақырыпқа арналған.*

**Тақырыптық тексеру.** пед. *Нақты тақырыпқа байланысты оқушының білімін, машық-дағдыларын тексеру.*

**ТАҚЫРЫПША** зат. *Қысқа, шағын тақырып.*

**ТАҚЫРЫПШЫ: тақырыпшы мүше.** лингв. *Сөйлемді актуалды мүшелеудегі ремалық бөлігі.*

**ТАҚЫС** сын. **1.** *Қу, әккі, айлакер.* **1.** жерг. *сараң.*

**ТАҚЫСТАН=** ет. *Әккілену, қулану.*

**ТАҚЫСТАНУ** *Тақыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҚЫСТАУ** сын. *Әккілеу, қулау, айлашыл.*

**ТАҚЫСТЫҚ** зат. *Әккілік, қулық, айлашылдық.*

**ТАҚЫТ** зат. сөйл. ***Тақ.***

**ТАЛ**[1] зат. **1.** *Майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты ағаш, бұта.* **2.** бот. *Талдар тұқымдасына жататын ағаш, бұта, бұташық өсімдіктер туысы.*

**Тал бесік.** *Талдан иіп жасалған бесік.* **Тал бойы.** *Бүкіл денесі, тұла бойы.* **Тал бойына жарасты.** *Бойына шақ келді, жараса кетті.* **Тал бойында тарыдай бір міні жоқ.** *Мінсіз, дара туған.* **Тал бойында кіршік жоқ.** *Мінсіз, таза.* **Тал жібектей оралды.** бейн. *Еркеледі, назданды.* **Тал қалқан.** *Қалқанның бір түрі.* **Тал қоя.** *Ұзындығы бір тұтам, жуандығы бас бармақтай, сырты ақ шүберекпен орап тігілген, талдан жасалған қоя.* **Тал тұқымдасы.** бот. <лат. salicales> *Қос жарнақты өсімдіктер, ағаштар, бұта, бұташық.* **Тал [талма, тапа-тал] түс.** *Күннің тас төбеге келіп, қатты ысыған кезі.* **Тал шыбықтай.** *Өрімдей, жас; сымбатты.* **Тал шыбықтай бұралды.** поэт. *Нәзік, сұлу мағынасында.* **Тал шыбықтай бұралған.** *Нәзік, үзіліп тұрған, талдырмаш.*

**ТАЛ**[2] зат. *Біртектес, ұқсас заттардың жеке біреуі, данасы.*

**ТАЛ**[3]**: тал түс.** *Нағыз шаңқай түс, талма түс.*

**Тал түс сызығы.** геогр. *Аспан меридианы жазықтығының математикалық көкжиек жазықтығымен қиылысатын түзу сызығы.*

**ТАЛ=** ет. **1.** *Есінен тану, есі ауып қалу, талықсу.* **2.** *Қатты, шаршап әлсіреу.*

**ТАЛА=** ет. **1.** *Иттің, жыртқыш аңның тістеп жара түсіруі; бір жерін жұлып алып тастауы.* **2.** *Ара, маса, сона т.б.жәндіктердің денені шағып дуылдатуы.* **3.** ауыс. *Тонап, шауып алу, тартып алу.* **4.** ауыс. *Таласып-тармасуы, таласуы.*

**Талап жеді.** *Ешбір аяушылық көрсетпеді, қатыгездік танытты.* **Таламаған ит қалған жоқ.** *Адам баласынан көрмегенді көрді, көп қиыншылықты басынан өткізді.*

**ТАЛАҒЫШ** сын. *Ел шапқыш, жаулап, тартып алғыш.*

**ТАЛАЙ**[1] зат. *Бақ, несібе, тағдырдың маңдайына жазғаны.*

**Талайды көрді.** *Жақсы-жаманды басынан кешті, қатып-пісті.* **Талайын сынады.** *Тағдырын сынады.* **Талайың ашылсын.** тілек. *Бағың ашылсын, бақытты бол.* **Талайың өссін!** алғыс. *Мерейің үстем болсын, бақытты бол!* **Талайы төмен түсті.** *Беделі түсіп, көңілі басылып қалды.*

**ТАЛАЙ**[2] үст. **1.** *Әлденеше, бірнеше.* **2.** *Көп, көптеген. // Көп адам, көпшілік.* **3.** *Неше түрлі, алуан түрлі. // Неше түрлісі, сан алуан.* **4.** *Сан мәрте, бірнеше рет.*

**Талайдан бері.** *Көптен бері, бұрыннан.* **Талай жер.** *Алыс, біраз жер.* **Талай жылғы дәурен.** *Талай қызық.* **Талай [сан] жылдар.** а) *Көптен бері. Қанша қызық* **ә)** *Көп уақыт.* **Талай күндік.** *Мол, біразға жететін.* **Талай қыршын өмірді текке қиды.** *Талай боздақ мезгілсіз мерт болды, өмірін құрбан етті.* **Талай сулар ақты.** *Көптеген өзгерістер болды.*

**ТАЛАЙҒЫ** сын. *Көптен бергі, бұрыннан келе жатқан.*

**ТАЛАЙЛЫ** сын. *Бақытты, абыройлы.*

**ТАЛАЙСЫЗ** сын. *Бақсыз, сорлы.*

**ТАЛАЙ-ТАЛАЙ** сын. **1.** *Көптеген, әлденеше, бірнеше.* **2.** *Неше түрлі, әр алуан; алуан-алуан.*

**ТАЛАҚ**[1] [ар. طلاق] зат. діни. *Ер адамның әйелін тастағанда айтылатын «неке бұзылды, әйелін тастады» деген мағынадағы сөз.*

**Талақ айту.** діни. *Ислам дініндегі неке бұзу шарты.* **Талақ етті [қылды].** а) *Неке бұзды, әйелін тастады.* ә) *Дүниеден, тіршіліктен безді.* **Талақ салды [тастады].** а) *Неке бұзды, әйелінен ажырасты.* ә) *Дүниеден безді, еш нәрсені керек қылмады.*

**ТАЛАҚ**[2] зат. **1.** *Қарынға жабыса біткен, қан түзетін жүйеге жататын мүше; көк бауыр.* **2.** анат. <лат. lien> *Қанның иммундық бақылау қызметін жүзеге асыратын орган.* **3.** вет. *Бағымкүтімі нашарлаған жылқы ұшырайтын ауру.*

**Талағы жабысты.** кекесін. *Ымы-жымы бірігіп, жігі айырылмастай болды.* **Талағы тарс айырылды.** *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* **Талағынан тарс жарылды.** *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* **Талағында [талағының] биті бар.** *Еті тірі, пысық, епті.* **Талағында биті бар.** *Келешекте іс тындыра алатын ізденгіш, зерделі.* **Талағы тарс айырылды [жарылды, кетті].** *Бұлан-талан болып, қатты ашуланды.*

**ТАЛАҚАЙ**: **ту талақай.** *Бейберекет, опыр-топыр, астан-кестен.*

**ТАЛАҚҚАҒАЗ** зат. көне. *Мұсылмандық шариғат бойынша некенің бұзылуын растайтын куәлік.*

**ТАЛАҚТАЙ** сын. **1.** *Талақ сияқты, талақ тәрізді.* **2.** ауыс. *Талаураған, көкпеңбек.*

**Талақтай жабысты.** *Қыр соңынан қалмады, айырылмады.*

**ТАЛАҚША** үст. *Талақ сияқты, талаққа ұқсап.*

**Талақша жабысты.** *Қыр соңынан қалмай, айырылмай, кетпей қойды.*

**ТАЛАҚШӨП** зат. өс. *Өзен жағалауында, ылғалды ормандарда өсетін, биіктігі 5-15 см-дей, бәрілік шөп.*

**ТАЛАМАҚАЙ** зат. сөйл. ***Талапай.***

**ТАЛАМУС** зат. анат. *Көру төмпешігі, аралық мидың ең үлкен бөлігі.*

**ТАЛАН** зат. сөйл. *Бақ, несібе, тағдырдың жазуы.*

**Таланы өрледі.** *Бағы жанды, тасы өрге домалады.*

**ТАЛАН=** ет. *Талауға түсу, тонау.*

**Талан болды.** *Талауға түсті, таланды, тоналды.* **Талан көрді.** *Ауыр азап көрді.* **Талан қылды.** *Талады, тонады.*

**ТАЛАНДЫ**[1] зат. *Талаушылық, тонаушылық.*

**ТАЛАНДЫ**[2] сын. сөйл. *Несібелі, бақытты, бағы бар.*

**ТАЛАНСЫЗ** сын. сөйл. ***Талайсыз*** *(несібесіз, ырыссыз).*

**ТАЛАНТ**[1] [грек. talanton] зат. *Табиғи дарын, ерекше қабілет.* **2.** психол. *Жеке тұлғаға тән көркем шығармашылықтың белгілі бір саласындағы айрықша қабілет.*

**Таланты көмілді.** *Көрінбеді, ескерілмеді, байқалмады.*

**ТАЛАНТ**[2] [грек. talanton] зат. *Ежелгі Грекияның, Вавилонның, Персия мен Кіші Азиядағы басқа да аймақтардың ең ірі салмақ және ақша-есептік бірлігі.*

**ТАЛАН-ТАРАЖ** ир. зат. *Мал-мүлкін, байлығын талаушылық, тонаушылық.*

**Талан-таражға салды.** а) *Тонады, талады.* ә) *Қоғам мүлкін ысырапқа ұшыратты, ұрлады.*

**ТАЛАНТСЫЗ** сын. *Дарынсыз, қабілетсіз. // Дарынсыз, қабілетсіз жан.*

**ТАЛАНТСЫЗДЫҚ** зат. *Дарынсыздық, қабілетсіздік.*

**ТАЛАНТТЫ** с ы н. *Дарынды, ерекше қабілетті, өнерлі.*

**ТАЛАНТТЫЛЫҚ** з а т. *Дарындылық, ерекше қабілеттілік.*

**ТАЛАНУ** *Талан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАП** [ар. طلب] з а т. **1.** *Ынта, ықылас, ұмтылушылық.* **2.** п с и х о л. *Адамның ішкі ізденісінен туындап, ілгері ұмтылысымен сипатталатын ізгі қасиеті.* **3.** *Мақсат, тілек.* **4.** *Міндет, жауапкершілік.*

**Талабы өрге аспады.** *Мақсаты орындалмады, іске аспады.* **Талабыңа нұр жаусын!** а л ғ ы с. *Алдыңнан жарылқасын, бақытты бол!* **Талабы тас болды.** *Райынан қайтты, тоқтады.* **Талабы таудай.** *Өте талапты, қабілетті.* **Талабыңа жет.** а л ғ ы с. *Арманыңа жет.* **Талап ету мерзімі.** қ ұ қ ы қ. *Азаматтық құқығы бұзылған адамның сотқа шағымдануға тиесілі уақыты.* **Талаптарды біріктіру.** қ ұ қ ы қ. *Бірнеше талапты бір өндіріске қосу.* **Талап етті.** а) *Міндеттеді, жүктеді.* ә) *Талпынды, ұмтылды.* **Талап етілді.** *Міндеттелді, талап қойылды.* **Талап қойды.** *Шарт қойды, міндет жүктеді.* **Талап қою.** *Міндет жүктеу, жауапкершілік арту.*

**ТАЛАПАЙ** з а т. **1.** *Шашылып жатқан нәрсені таласа-тармаса жинап алу әрекеті.* **2.** *Талан-тараж, талау, тонау.*

**Талапайға салды.** *Тонады, талауға салды.* **Талапайға түсті.** *Көрінгеннің қолында, талауында кетті.* **Талапайы шықты.** *Тоналды, талауға түсті.*

**ТАЛАПАЙЛА=** е т. *Талапайға салу, таласып-тартысып бөліп алу.*

**ТАЛАПАЙЛАС=** е т. *Талапайға салысу, таласып-тартысу, бөлісу.*

**ТАЛАПАЙЛАСУ** *Талапайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАПАЙЛАТ=** е т. *Талапайға салғызу.*

**ТАЛАПАЙЛАТУ** *Талапайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАПАЙЛАУ** *Талапайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАПАРЫЗ** з а т. қ ұ қ ы қ. *Субъективті құқықты немесе заңды мүддені қорғау үшін заңда бекітілген сотқа шағымдану нысаны.*

**ТАЛАП-БҰЛА=** е т. *Талау, талауға салу.*

**ТАЛАПКЕР**[1] з а т. <лат. abiturіens> *Негізгі не жалпы орта мектепті бітіріп, арнайы орта немесе жоғары мектепке түсуге талаптанушы (адам).*

**ТАЛАПКЕР**[2] з а т. **1.** *Сот орнына арыз беріп ізденуші, жоқтаушы адам.* **2.** қ ұ қ ы қ. *Өзіне қатысты тікелей қылмыспен мүлікті залал келтірілді деп ұйғаруға негізі бар және оны өтеу туралы талап қойған заңды тұлға.*

**ТАЛАПКЕР**[3] с ы н. *Келешегінен үміт күттіретін ізденгіш, талапшыл, үміткер. // Талапшыл, үміткер адам.*

**ТАЛАПКЕРЛІК** з а т. *Ізденгіштік, талаптанушылық.*

**ТАЛАПСЫЗ** с ы н. *Ынтасыз, мақсатсыз.*

**ТАЛАПСЫЗДЫҚ** з а т. *Талаптанбаушылық, ұмтылмаушылық, ынтасыздық.*

**ТАЛАП-ТАЛҒАМ** з а т. *Талап пен талғам.*

**ТАЛАПТАН=** е т. *Алдына қойған мақсатқа жетуге тырысу, ұмтылу.*

**ТАЛАПТАНДЫР=** е т. *Ұмтылдыру, тырмысу.*

**ТАЛАПТАНДЫРУ** *Талаптандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАПТАНУ** *Талаптан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАПТАНУШЫЛЫҚ** з а т. *Ілгері ұмтылушылық, тырысушылық.*

**ТАЛАПТАС** с ы н. *Талабы бір қатарлас.*

**ТАЛАПТЫ** с ы н. *Көздеген мақсатына жетуге ұмтылғыш, ізденгіш, талабы мол.*

**ТАЛАПТЫЛЫҚ** з а т. *Талапты болушылық, ілгері ұмтылушылық.*

**ТАЛАП-ТІЛЕК** з а т. **1.** *Алдына қойған, жетсем деген арман, мақсат.* **2.** *Мұқтаж, қажеттілік.*

**ТАЛАПШЫЛ** с ы н. *Талап қойғыш, талап еткіш, ұмтылғыш.*

**ТАЛАПШЫЛДЫҚ** з а т. *Талап қойғыштық, талап еткіштік.*

**ТАЛАС** з а т. **1.** *Белгілі бір мәселе жайындағы пікір тартысы, дау, керіс.* **2.** *Даулы, шешілмеген, анық-танығы белгісіз жай. //Таласатын, дауласатын.* **3.** *Үміт, дәме.* **3.** *Тайталас, қатар-ма-қатар, теңбе-тең.*

**ТАЛАС=** е т. **1.** *Белгілі бір мәселе жайында дауласу, тартысу.* **2.** *Бір-бірімен тістесіп жұлқыласу, алысу.* **3.** *Таласып-тармасу, асығу.* **4.** *Ұрысып, керісу.* **5.** а у ы с. *Бақ сынасу, жарысу.* **6.** а у ы с. *Аңсау, ұмтылу.*

**ТАЛАСА-ТАРМАСА** ү с т. *Жедегабыл, асығыс-ұсігіс.*

**ТАЛАСҚЫШ** с ы н. *Төбелескіш, даукес, жанжалқой.*

**ТАЛАСҚЫШТЫҚ** з а т. *Жанжалқойлық, даукестік, төбелескіштік.*

**ТАЛАССОКРАТОН** [грек. thalassa – теңіз, kraіos – күш] з а т. г е о л. *Мұхит түбінің тектоникалық тұрғыдан орнықты, қозғалысы аз атырабы.*

**ТАЛАССОКРАТТЫҚ: талассократтық кезең.** т а р. *Қазіргі кездегі құрлықтардың бетіне теңіз суының кеңінен жайылу кезеңі.*

**ТАЛАССЫЗ** с ы н. *Дау-дамайсыз, даусыз, анық.*

**ТАЛАС-ТАРТЫС** з а т. **1.** *Дау-дамай, ұрыс-керіс.* **2.** *Бәсекелестік.*

**ТАЛАСТАУ** с ы н. *Дауы көптеу, шешілмеген.*

**ТАЛАСТЫ: таласты жер.** *Таласатын, бәсекеге түсетін, сыналатын жер.*

**ТАЛАСТЫР=** е т. **1.** *Жарыстыру, бәсекелесу.* **2.** *Айтысу, сөз таластыру.*

**ТАЛАСТЫРУ** *Таластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАСУ** *Талас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дауласу, керісу.* **2.** *Ұмтылу, тайталасу.*

**ТАЛАСЫП-ТАРМАСЫП** ү с т. *Таласа-тармаса.*

**ТАЛАТ=** е т. **1.** *Тістеп жұлқылату, талатқызу.* **2.** а у ы с. *Қанату, қысымшылық көрсету.*

**ТАЛАТОП** с ы н. е с к і к і т. *Лас, кір.*

**ТАЛАТТЫР=** е т. *Талатқызу, талауға түсірту.*

**ТАЛАТТЫРУ** *Талаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАТУ** *Талат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУ**[1] з а т. *Талан-тараж, тонау.*

**Талауға салды.** *Талады, тонады.*

**ТАЛАУ**[2] *Тала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУ**[2] з а т. ж е р г. к ә с. *Ыстықтан келіп су ішкеннен болатын жылқы ауруы.*

**ТАЛАУЛА=** е т. с ө й л. ***Талаура.***

**ТАЛАУЛАН=** е т. с ө й л. ***Талауран.***

**ТАЛАУЛАНУ** *Талаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУЛАУ** *Талаула етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУРА=** е т. **1.** *Шапақ шашу, қызыл жалқындану.* **2.** а у ы с. *Қызара бөрту, қабыну, ісіну.*

**ТАЛАУРАН=** е т. *Шапақ шашу, жалқындану.*

**ТАЛАУРАНУ** *Талауран етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУРАҢҚЫРА=** е т. *Қызара бөртіңкіреу.*

**ТАЛАУРАҢҚЫРАУ** *Талаураңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУРАТ=** е т. **1.** *Қызыл жалқындану, шапақ шашу.* **2.** а у ы с. *Қызара бөрту, қабыну.*

**ТАЛАУРАТУ** *Талаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛАУРАУ** *Талаура етістігінің қимыл атауы; қабыну, ісіну.*

**ТАЛБҰРАУ** з а т. *Талдан жасалған бұраудың түрі.*

**ТАЛБҰРШАҚ** з а т. ө с. *Жабайы өсетін, биіктігі 1м-дей кішірек бұта.*

**ТАЛГҮЛ** з а т. ө с. *Сабағы тал сияқты сүректі, биіктігі 1-2 м-дей үй өсімдігі.*

**ТАЛҒА=** е т. *Таңдау, іріктеу, сұрыптау.*

**ТАЛҒАҒЫШ** с ы н. *Талғампаз, талғамды.*

**ТАЛҒАЖАУ** з а т. *Қоректік зат, талшық.*

**Талғажау етті.** *Қорек қылды, талшық етті.*

**ТАЛҒАЖАУЛА=** е т. *Талшық ету, қорек қылу.*

**ТАЛҒАМ** з а т. *Адамның бір нәрсеге деген ұнасымды көзқарасы, талғампаздық.*

**ТАЛҒАМАЛЫ** с ы н. *Талғайтын, сұрыптайтын.*

**ТАЛҒАМДЫ** с ы н. **1.** *Талғайтын, талғағыш,* **2.** *Талғамы бар, талғампаз.* **3.** *Таңдаулы, іріктелген.*

**Талғамды коррозия.** ф и з. *Құйманың бір компоненті (мысалы, жездегі мыс) күштірек бүліне жүретін коррозия.*

**ТАЛҒАМДЫҚ** з а т. с ө й л. ***Талғамдылық.***

**ТАЛҒАМДЫЛЫҚ** з а т. *Талғампаздық, талғағыштық.*

**ТАЛҒАМПАЗ** с ы н. *Талғағыш, талғамды.*

**ТАЛҒАМПАЗДЫҚ** з а т. *Талғағыштық, талғамдылық.*

**ТАЛҒАМПАЗДЫЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Талғампаздық.***

**ТАЛҒАМСЫЗ** с ы н. *Талғам қойылмай, қалай болса, солай. // Талғамы жоқ, талғамайтын адам.*

**ТАЛҒАМСЫЗДЫҚ** з а т. *Талғам қоя білмеушілік.*

**ТАЛҒАМШЫЛ** с ы н. *Талғампаз, талғамды.*

**ТАЛҒАМШЫЛДЫҚ** з а т. *Талғампаздық, талғамдылық.*

**ТАЛҒАС=** е т. *Таңдасу, сұрыптасу.*

**ТАЛҒАСУ** *Талғас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҒАТ=** е т. *Таңдату, сұрыптату.*

**ТАЛҒАТ** з а т. *Реңі, бет бейнесі келбетті (адам).*

**ТАЛҒАТУ** *Талғат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҒАУ**[1] з а т. с ө й л. ***Талғажау.***

**ТАЛҒАУ**[2] *Талға етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҒАУЛЫ** с ы н. *Таңдамалы, таңдаулы.*

**ТАЛҒАУЛЫҚТЫ: талғаулықты жалғаулық.** л и н г в. *Сөйлем ішінде кезектесіп қолданылатын жалғаулықтың бір түрі.*

**ТАЛҒАУСЫЗ** ү с т. **1.** *Немқұрайды, қалай болса, солай.* **2.** *Әмбебап, көп, алуан түрлі.*

**Талғаусыз қоректенетін жануарлар.** б и о л. *Өсімдіктекті және жануартекті азықпен қоректенетін жануарлар.* **Талғаусыз өсімдіктер.** ө с. *Сутектік көрсеткіштері (pH) әртүрлі топырақта өсетін өсімдіктер (інжугүл, дала шырмауығы, жатаған сарғалдақ, орман бүлдіргені және т.б.).*

**ТАЛҒАУСЫЗДЫҚ** з а т. *Немқұрайлылық, кездейсоқтық.*

**ТАЛҒАУШЫЛ** с ы н. *Талғампаз, көп таңдайтын.*

**ТАЛДА=** е т. **1.** *Бір-бірлеп салалау, тарамдау.* **2.** а у ы с. *Бір істі жеріне жеткізіп тексеру, саралау.*

**ТАЛДАҒЫШ** з а т. **1.** *Талдау жүргізуге арналған құрал.* **2.** <грек. analіsatores> б и о л. *Дененің сыртқы бетіндегі сезім мүшелері мен ішкі мүшелерді жүйке жүйесінің орталық бөлімімен байланыстырып тұрған рефлекторлық доғаның сезімтал бөлігі.*

**Талдағыштар жүйесі.** б и о л. *Сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсерлерін қабылдап, оларды талдауға бейімделген сезімтал жүйке құрылымдарының жүйесі.*

**ТАЛДАҒЫШ** с ы н. *Талдау ісін атқаратын, талдай алатын.*

**ТАЛДАЙ** с ы н. *Тал сияқты, тал тәрізді.*

**ТАЛДАН=** е т. **1.** *Салалану, тарамдану.* **2.** а у ы с. *Саралану, жіктелу.*

**ТАЛДАНУ** *Талдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДАНЫЛ=** е т. *Саралану, жіктелу.*

**ТАЛДАНЫЛУ** *Талданыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДАС=** е т. *Сараласу, талдау жасасу.*

**ТАЛДАСУ** *Талдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДАТ=** е т. *Жіктету, талдау жасату.*

**ТАЛДАТУ** *Талдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДАТЫЛ=** е т. *Талдау жасатылу, жіктетілу.*

**ТАЛДАТЫЛУ** *Талдатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДАУ**[1] з а т. **1.** ф и л о с. *Бүтінді құрамды бөліктерге жіктеп талдауға негізделген ғылыми-зерттеу әдісі.* **2.** х и м. *Тұтастай бір заттың немесе оның қандай да бір ингредиентінің кез келген сипаттамасын – құрамын, құрылысын, күйін анықтауды мақсат еткен зерттеу әдістері мен процестері.*

**Талдаудың дәлдігі.** х и м. *Сандық талдау кезіндегі өлшеу қателігінің шамасы.* **Талдаудың кинетикалық әдістері.** х и м. *Химиялық реакция жылдамдығы мен реакцияласушы заттар концентрациясының арасындағы тәуелділікке негізделген химиялық талдау әдістері.* **Талдау жасады.** *Жеріне жеткізіп тексерді, сараптады.* **Талдау және жинақтау.** <грек. analysis – саралау, мүшелеу және synthesis – бірігу, тұтасу> ф и л о с. *Бүтінді, тұтастықты құрамдас бөліктерге, мүшелерге ойша немесе реалды түрде таратып, ажырату арқылы түсіну және олардың ішкі үйлесімінің мысалымен басқа құбылыстарды тану әдісі.* **Талдау картасы.** э к о л. *Қандай да бір құбылыстың жеке элементтерін, әдетте, аз талданып қорытылған көрсеткіштермен бейнелеп көрсететін карта.*

**ТАЛДАУЫШ** з а т. г е о л. *Үйектегіш микроскоптың объективі мен окулярының аралығында тубуста орналасқан Николь призмасы.*

**ТАЛДЫ** с ы н. *Талы көп, тал өскен (жер).*

**ТАЛДЫР=** е т. *Есінен тандыру, талықсыту.*

**ТАЛДЫРМА** з а т. қ о л ө н е р. **1.** *Қой, қозының жүнінен бастау етіп шала басқан киіз.* **2.** *Тек қана қара жүнді шиге салып орап, үстінен су құйып, теуіп, таза пісірмей талдырып тастаған киіз түрі.*

**ТАЛДЫРМАШ** с ы н. *Үзіліп тұрған, нәзік, жіңішке.*

**Талдырмаш денелі.** *Артық еті жоқ, ашаң.*

**ТАЛДЫРМАШТАЛ=** е т. с ө й л. ***Талдырмаштан.***

**ТАЛДЫРМАШТАН=** е т. *Жіңішкеру, таралып жүдеу.*

**ТАЛДЫРМАШТАНУ** *Талдырмаштан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДЫРМАШТАУ** с ы н. *Нәзіктеу, жіңішкерек.*

**ТАЛДЫРМАШТЫҚ** з а т. *Нәзіктік, жіңішкелік.*

**ТАЛДЫРТ=** е т. *Әлсірету, қатты шаршату.*

**ТАЛДЫРТУ** *Талдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛДЫРУ** *Талдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛЖАПЫРАҚ** з а т. ө с. *Әремнің немесе қозықұлақтың бір түрі.*

**ТАЛИ=** е т. *Тарбию, талтаю.*

**ТАЛИБ** с ы н. *Талапты.*

**ТАЛИБАН** з а т. с а я с и. *Ауғанстандағы пуштундар арасында 1994 ж. құрылған ислам қозғалысы.*

**ТАЛИҒ** з а т. е с к і к і т. *Тағдыр, жазмыш; бақ, несібе.*

**ТАЛИОН** з а т. м ә д. *Қандас туыстар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші алғашқы қауымдық қоғамда қалыптасқан салт-дәстүр.*

**ТАЛҚАН** з а т. т а м а қ. э т н. **1.** *Қуырылған бидай, жүгері, тары және т.б. дәндердің диірменге тартылған не келіге түйілген ұнтағы.* **2.** а у ы с. *Күл-паршасы шыққан, быт-шыты шығып бұзылған үгінді.*

**Талқан етті.** а) *Қиратты, сындырды, быт-шыт қылды.* ә) *Қырып-жойды, жермен-жексен қылды.* **Талқан қылды.** *Быт-шыт етті, қиратты.* **Талқанын сынады.** *Тағдырын сынады.* **Талқанын шығарды.** *Күл-талқан етті, қиратты, бүлдірді.*

**ТАЛҚАНДА=** е т. **1.** *Қуырылған бидай мен тарыны түйіп, ұнтақтау.* **2.** а у ы с. *Қирату, бүлдіру, жою, құрту.* **3.** а у ы с. *Қол жеткізу, орындау.*

**ТАЛҚАНДАЛ=** е т. *Жеңілу, жермен-жексен етілу.*

**ТАЛҚАНДАЛУ** *Талқандал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚАНДАН=** е т. *Быт-шыт болу, күл-талқаны шығу.*

**ТАЛҚАНДАНУ** *Талқандан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚАНДАС=** е т. *Күл-паршасын шығарысу, бірге құрту.*

**ТАЛҚАНДАСУ** *Талқандас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚАНДАТ=** е т. *Күл-паршасын шығарту, күл-талқан еткізу.*

**ТАЛҚАНДАТҚЫЗ=** е т. *Күл-парша еткізу, тас-талқанын шығарткызу.*

**ТАЛҚАНДАТҚЫЗУ** *Талқандатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚАНДАТУ** *Талқандат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚАНДАУ** *Талқанда етістігінің қимыл атауы; қирату, құрту.*

**ТАЛҚАНДЫҚ** с ы н. *Талқан боларлық, талқанға жарарлық.*

**ТАЛҚУРАЙ** з а т. б о т. <лат. lysimachia> *Примула тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, кейде жартылай бұта.*

**ТАЛҚЫ** з а т. **1.** *Теріні керіп, созып, иін қандыра жұмсартатын ағаш аспап.* **2.** а у ы с. *Адам баласының басына түскен ауыр азап, бейнет, қиындық.* **3.** а у ы с. *Таразы, сынақ.* **4.** а у ы с. *Талау, талан-тараж.*

**Талқыға салды.** а) *Сынады, тексерді, сынақтан өткізді.* ә) *Көпшіліктің пікірталасынан өткізді, қаралды.* **Талқыға түсті.** *Талдау жасалды, сынап-мінелді, сынға түсті.* **Талқы көрді.** *Тауқымет тартты, сыннан өтті.*

**ТАЛҚЫЛА=** е т. **1.** *Иден шыққан, тобарсып кепкен терінi талқыға салып жұмсарту.* **2.** а у ы с. *Бір істі жан-жақты тексеріп, пікір алысу, белгілі бір тұжырымға келу.* **3.** а у ы с. *Талау, талан-таражға салу.*

**ТАЛҚЫЛАН=** е т. *Жан-жақты тексерiліп, талқыға салыну.*

**ТАЛҚЫЛАНУ** *Талқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚЫЛАС=** е т. *Жан-жақты тексеріп, талқыға салысу.*

**ТАЛҚЫЛАСУ** *Талқылас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚЫЛАТ=** е т. *Жан-жақты тексеріп, талқыға салдыру.*

**ТАЛҚЫЛАТУ** *Талқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛҚЫЛАУ** *Талқыла етістігінің қимыл атауы; талқыға салу.*

**ТАЛЛИЙ** [грек. thallos] з а т. х и м. *Күміс түстес ақ, жұмсақ металл, химиялық элемент.*

**ТАЛЛИЙ** з а т. х и м. *Химиялық элемент, таңбасы Tl (лат. Thallium), атомдық массасы 204,37; реттік нөмірі 81, балқу темп-расы 303°С, тығыздығы 1850 кг/м3; +1, +3 типтік тотығу дәрежелері бар; жай зат, күмістей ақ түсті металл.*

**ТАЛЛОМ** з а т. б о т. *Төменгі сатыдағы өсімдіктердің (балдырлар, саңырауқұлақтар, қыналар) денесі.*

**ТАЛМА**[1] з а т. *Талып қалатын ұстамалы ауру.*

**Талмасы ұстады.** *Талып қалды.*

**ТАЛМА**[2] з а т. з о о л. <лат. nemachilus> *Европа мен Солтүстік Азияда мекендейтін балықтардың ең әдемісі.*

**Талма балықтар.** з о о л. <лат. balitoridae> *Тұқымтәрізділер отрядына жататын майда балық тұқымдасы.*

**ТАЛМА**[3] с ы н. *Әлсіз, нәзік.*

**Талма жер.** а) *Нәзік, әлсіз жер.* ә) *Тар жер, қиын кез, басқа ауыртпашылық түскен тұс.* **Талма түс.** *Күннің тас төбеге келген кезі.* **Талма шақ.** *Қараөзек шақ; көктем кезі.*

**ТАЛМА**[1]**=** е т. *Тынымсыз еңбек ету, жалықпай іздену, әрекеттену.*

**ТАЛМА**[2]**=** е т. *Бір затты ауызға салып, әрлі-берлі тамсанып дәмін көру.*

**ТАЛМАЙ** ү с т. *Үздіксіз, үнемі, шаршамастан, тынбастан.*

**ТАЛМАТ=** е т. *Тамсандыру, дәмін алдыру.*

**ТАЛМАТУ** *Талмат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУ**[1] с ы н. с ө й л. ***Талма.***

**Талмау жер.** ***Талма жер.*** **Талмау жері.** *Өкпе тұсы, жанды жер.*

**ТАЛМАУ**[2] *Талма етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУРА=** е т. *Әлсіреу, өлімсіреу, үзілу.*

**ТАЛМАУРАТ=** е т. *Әлсірету, өлімсірету.*

**ТАЛМАУРАТУ** *Талмаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУРАУ** с ы н. *Талмауратқан, талмаусыраған.*

**ТАЛМАУСУ** *Талмаусы етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУСЫ=** е т. *Талықсу, үзілу, әлсіреу.*

**ТАЛМАУСЫРА**[1]**=** е т. *Талықсу, әлсіреу, қалжырау.*

**ТАЛМАУСЫРА**[2]**=** е т. *Талаурату, шапақтану.*

**ТАЛМАУСЫРАТ=** е т. *Талықсыту, қалжырату.*

**ТАЛМАУСЫРАТУ** *Талмаусырат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУСЫРАУ** *Талмаусыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛМАУЫР**: **талмауыр жер**. ***Талма жер.***

**ТАЛМУД** з а т. м ә д. *Иудейлер дініндегі киелі кітап.*

**ТАЛМҰҚ** з а т. д і н и. с ө й л. ***Тамұқ.***

**ТАЛОН** [франц. talon] з а т. *Құжаттың не квитанцияның түбіртегі немесе бір зат алу үшін берілген бақылау қағаз.*

**ТАЛПАЙ=** е т. *Жалпаю, тайпию.*

**ТАЛПАҚ** с ы н. *Жалпиған, тәмпиген.*

**ТАЛПАҚ** з а т. ж е р г. к ә с. *Егіннің көлемін өлшейтін екі метрлік жерөлшеуіш (құрал).*

**ТАЛПАҚТАЙ** с ы н. *Жалпайған, тайпиған.*

**ТАЛПАҚТАУ** с ы н. *Жалпиғандау, тәмпигендеу.*

**ТАЛПАЮ** *Талпай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛПИ=** е т. *Жалпию, тәмпию.*

**ТАЛПИТ=** е т. *Жалпиту, тәмпиту.*

**ТАЛПИТУ** *Талпит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛПИЮ** *Талпи етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛПЫ=** е т. с ө й л. *Талпыну, ұмтылу.*

**ТАЛПЫН=** е т. **1.** *Қимыл-қозғалыс жасап тырмысу, ұмтылу.* **2.** *Сәбидің жүруге, жетуге талпыныс жасауы.* **3.** *Мақсатқа тырысу, талаптану.*

**ТАЛПЫНДЫР=** е т. *Ұмтылдыру, талаптандыру.*

**ТАЛПЫНДЫРУ** *Талпындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛПЫНТ=** е т. *Ұмтылдыру, талаптандыру.*

**ТАЛПЫНТУ** *Талпынт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛПЫНУ** *Талпын етістігінің қимыл атауы; талпыныс жасау, ұмтылу.*

**ТАЛПЫНЫС** зат. **1.** *Жүрсем деген алғашқы қозғалыс, тырмысу.* **2.** *Белгілі бір мақсатқа жетсем деген қимыл-әрекет, талап-тілек.*

**Талпыныс жасады.** *Талпынды, талаптанды.*

**ТАЛТАЙ=** ет. *Аяқты екі жаққа тарбитып ашу.*

**Талтайған тал түсте.** *Тапа-тал түсте.*

**ТАЛТАЙТ=** ет. *Аяқтарын екі жаққа тарбитып алшайту.*

**ТАЛТАЙТУ** *Талтайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАЙТЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл талтайту, аяғын ашыңқырату.*

**ТАЛТАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Талтая түсу, талтаңдау.*

**ТАЛТАЙЫҢҚЫРАУ** *Талтайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАҚ** сын. *Аяқтың арасы түзу болмай, қисайыңқырап біткен, талтайған.*

**Талтақ басты.** *Алшаңдады, алшаң-алшаң жүрді.* **Талтақ бұт.** а) *Екі аяғының арасы алшақ, аяқтары доғаланып келіп қосылатын (адам, жануар).* ә) саят. *Қыран құстың алғырлығының бір белгісі ретінде танылатын саусақтары алшақ біткен қисық аяқтары.*

**ТАЛТАҚАЙ** сын. *Талтақтау, талтақ-талтақ еткен.*

**ТАЛТАҚТА=** ет. *Талтақ-талтақ басу, алшаңдау.*

**ТАЛТАҚТАУ**[1] сын. *Талтиған, талтайғандау, қисықтау.*

**Талтақтау басты.** *Талтақтап жүрді, талтиып жүрді.*

**ТАЛТАҚТАУ**[2] *Талтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАЛАҢДА=** ет. *Тәлтіректеп, әрең жүру.*

**ТАЛТАҢДА=** ет. **1.** *Аяқтың арасын кең ашып, талтақтап жүру.* **2.** ауыс. *Дандайсу, еркінсу, мардамсу.*

**ТАЛТАҢДАС=** ет. *Талтаң-талтаң етісу, талтақтасу.*

**ТАЛТАҢДАСУ** *Талтаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАҢДАТ=** ет. *Дандайсыту, тайраңдату.*

**ТАЛТАҢДАТУ** *Талтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАҢДАУ** *Талтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТАЮ** *Талтай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТИ=** ет. *Аяқтың арасын кеңірек ашып, талтаю.*

**ТАЛТИТ=** ет. *Талтайту, тарбиту.*

**ТАЛТИТУ** *Талтит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛТИЮ** *Талти етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛУ** *Тал етістігінің қимыл атауы; қалжырау, шаршау.*

**ТАЛУСЫРА=** ет. сөйл. ***Талмаусыра.***

**ТАЛША: қылша мойным талша.** *Не істесең де көндім, тақсыр, құлдық деген мағынада.*

**ТАЛШЫҚ**[1] зат. **1.** *Әрбір заттың құрамын құрайтын жеке бөлшектері, талы.* **2.** хим. *Көлденең қимасы кіші, ұзындығы шектелген иілгіш әрі берік ұзыншақ дене.*

**Талшық етті.** *Аздап қорек қылды, үнем етті.*

**ТАЛШЫҚ**[2] зат. *Жүрек жалғарлық азын-аулақ тамақ, қорек.*

**ТАЛШЫҚТА=** ет. **1.** *Бір-бірлеу, тал-тал ету, талдау.* **2.** ауыс. *Аз-аздау, там-тұмдау, үнемдеу, талғажау ету.* **3.** ауыс. *Шетінен пайдалану, қажетіне жарату.*

**ТАЛШЫҚТАН=** ет. *Талшық-талшық болып бөліну, тарамдану.*

**ТАЛШЫҚТАНУ** *Талшықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛШЫҚТАУ** *Талшықта етістігінің қимыл атауы; талғажау ету.*

**ТАЛШЫҚТАС** зат. геол. <грек. asbestos> *Жеке-жеке тіндерге оңай дараланатын өте берік талшықтар жиынтығынан тұратын минерал түрі.*

**ТАЛШЫҚТЫ** сын. *Талшығы бар, тарамдалған.*

**ТАЛШЫҚТЫҚ** сын. *Талшыққа тән, талшыққа қатысты.*

**Талшықтық құрылым.** геол. *Талшық пішінді таужыныс құрушы минералдар болады.* **Талшықтық оптика.** физ. *Оптиканың жарықтың таралуын және ақпараттың жарықжетекші бойынша берілуін зерттейтін саласы.*

**ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ: талшықты-оптикалық кәбіл.** зат. инф. <ағыл. fiber optic coble>*Жергілікті желілердегі өте жоғары жылдамдықпен мәлімет жеткізе алатын кәбіл түрі.*

**ТАЛШЫҚТЫЛАР** зат. биол. <лат. mastigophora> *Тұщы суларда, теңіздерде, ылғалды топырақтарда және адамның, жануарлардың денесінде паразиттік тіршілік ететін саркомастигофоралар типінің бір класы.*

**ТАЛШЫН** зат. бот. <лат. castanca>*Шамшат тұқымдасына жататын, биіктігі 35 метр болатын ағаш.*

**Талшын жаңғағы.** бот. *Бук тұқымдасына жататын талшын және тәтті талшын деп аталатын ағаштардың жемісі.*

**ТАЛЫҒУ** *Талық етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛЫҚ=** ет. *Шаршау, қалжырау, діңкелеу.*

**ТАЛЫҚПА** зат. сөйл. ***Талма.***

**ТАЛЫҚСУ** *Талықсы етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛЫҚСЫ=** ет. **1.** *Есі кірер-кірмес халде болу, есеңгіреу.* **2.** *Әлсіреу, шаршап-шалдығу, қалжырау.*

**ТАЛЫҚСЫТ=** ет. *Талдыру, есеңгірету.*

**ТАЛЫҚСЫТУ** *Талықсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛЫҚТЫР=** ет. *Есеңгірету, естен тандыру, талықсыту.*

**ТАЛЫҚТЫРУ** *Талықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Талмаусырау, есеңгіреу.*

**ТАЛЫП** [ар. طالب] зат. ескікіт. ***Тәліп.***

**ТАЛЫС** зат. этн. *Жылқының, сиырдың бас терісін бітеу сылып алып, шикі күйінде түгін сыртына қаратып жасайтын түбі кеңдеу, ауыз жағы ықшамдалып, ашылып-жабылатындай екі ағаш жақтауға бекітілетін тері ыдыс.*

**ТАЛЫСТАЙ** сын. *Үлкен, зор, дәу.*

**ТАЛЬК** [нем. Talk] зат. хим. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**ТАЛЬКИТ** зат. геол. *Құрамының 75%-ынан көбі тальктен тұратын гидротермалық, метасоматоздық таужыныс.*

**ТАЛЬКТАС** зат. геол. *Негізгі минералы тальктен тұратын таужыныс.*

**ТАЛЬКТЕНУ** зат. геол. *Ультранегізді таужыныстар құрамындағы оливин мен пироксеннің қышқыл гидротермалық ерітінділер әсерінен талькке айналу үдерісі.*

**ТАМ** зат. **1.** *Шатырлы және тоқал үй.* **2.** жерг. *Мола, бейіт.*

**ТАМ=** ет. *Сұйық заттың сыздықтап ақырын созалаңдап, үзіп-үзіп ағуы.*

**ТАМАДА** зат. ***Асаба.***

**ТАМАЗ** зат. жерг. кәс. *Қайықтың тұмсығындағы және артындағы сыналап, қиып салынған ағаш.*

**ТАМАҚ**[1] зат. *Мойынның алдыңғы жағы, иектің асты.*

**Тамағын кенеді.** *Сөз сөйлеуге я өлең айтуға қам жасап ыңғайланды.* **Тамақ ісірді.** *Дәме етті, үміттенді.*

**ТАМАҚ**[2] зат. *Ішім-жем, тағам, дәм, ас.*

**Тамағынан жырды.** *Ішпей-жемей кейінге қалдырды.* **Тамағынан [ас] өтпеді.** *Тамақтан қалды, тамақ жүрмеді.* **Тамағын бойға тарату.** *Тамағын сіңдіру.* **Тамағы тоқ, көйлегі көк.** *Тұрмысы жақсы; жегені алдында, жемегені артында.* **Тамағын кенеді.** *Даусы қарлықпас үшін тамақты қырнай жөткерінді, жұтынды.* **Тамағын қырнады.** *Көмейін кенеді, жөткірінді.* **Тамақ айырды.** *Талшық етті, күнелтті.* **Тамақ асырады.** *Тамағын тойғызды, күнін көрді.* **Тамақ баптады.** *Тамақты бабына келтіріп, дәмдеп дайындады.* **Тамақ дайындады.** *Тамақ пісірді, ас әзірледі.* **Тамақ дайындасты.** *Ас пісірісті, бірге әзірлесті.* **Тамақ дайындаушы.** *Тамақ пісіруші, ас әзірлеуші.* **Тамақ жабдықтары.** тамақ. *Тамақ өнімдерін өңдеуге қажетті жабдықтар.*

**Тамақ жібіту.** сөйл. а) *Аздап арақ, ішімдік ішу.* ә) *Сусағанын басу, сусын ішу.* **Тамақ жібітісті.** *Сусын ішісті, шөлін басысты.* **Тамақ кәсіпорындары.** тамақ. *Нан зауыттары, кондитер, макарон, шай фабрикалары, спирт, арақ, шарап, сусындар, май және т.б. өнімдер шығаратын кәсіпорындар.* **Тамақ қалдықтары.** тамақ. *Қоғамдық және жеке тамақтану, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі мекемелерінің қалдығы.* **Тамақ өнеркәсібі.** тамақ. *Дәм-тағам өнеркәсібі, ет, сүт және балық өнеркәсібі салаларының жиынтығы.* **Тамақ сіңдірді.** *Ішкен тамағын қорытты.* **Тамақ тоқ, киім бүтіндік.** *Уайым-қайғы жоқтық.* **Тамақтан қалды.** *Ас батпады, ішуге көңілі соқпады.* **Тамақтан улану.** мед. *Бұзылған немесе улы тағамдарды қабылдаудан, тағам құрамына микроағзалардан бөлініп шығатын улы заттармен уланғаннан пайда болатын ауру.* **Тамақтың сіңімділігі.** тамақ. *Ағзаның энергетикалық шығыны мен түрлі биосинтездерді толтыру үшін тамақтық заттарды пайдалану дәрежесі.* **Тамақ шығымы.** экон. *Тағамдық шикізаттан дайындалған тамақ мөлшері.*

**ТАМАҚАҒАШ** зат. *Мойынтұрықтың алқым ағашы.*

**ТАМАҚБАУ** зат. этн. *Қамыттың екі жақ ағашын қосып байланыстыратын жіңішке қайыс.*

**ТАМАҚСАУ** сын. *Ашқарақ, қомағай.* // *Ашқарақ, қомағай адам.*

**ТАМАҚСАУЛАУ** сын. *Ашқарақтау, қомағайлау.*

**ТАМАҚСАУЛЫҚ** зат. *Ашқарақтық, қомағайлық.*

**ТАМАҚТА=** ет. *Малды тамағынан алу, азумен бауыздағандай етіп жарақаттау, ору.*

**ТАМАҚТАН=** ет. *Тамақ ішіп-жеу, қарын тойғызу.*

**ТАМАҚТАНДЫР=** ет. *Тамақ беру; қоректендіру.*

**ТАМАҚТАНДЫРУ** *Тамақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАМАҚТАНУ**[1] зат. биол. *Ағзаның энергия шығынының есесін толтыру, жасушаларды құру мен қайта жаңғырту және олардың функцияларын реттеуге қажетті қоректік заттардың ағзаға түсу, қорытылу және сіңірілу процестерінің жиынтығы.*

**ТАМАҚТАНУ**[2] *Тамақтан етістігінің қимыл атауы.*

**Тамақтану режимі.** физиол. *Тамақ мөлшерінің бір күнде тамақтану мезгілдері бойынша физиологиялық тұрғыдан негізделген дұрыс бөлінуі.* **Тамақтану эстетикасы.** тамақ. *Тәбеттің ашылуына жақсы әсер ететін дастарқанның жалпы көрінісі, оның әсем жасалуы, тағамдарды үйлестіріп, рет-ретімен беру.*

**ТАМАҚТАУ** *Тамақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАМАҚТЫҚ** сын. *Қоректік, нәрлілік.*

**ТАМАҚШЫЛ** сын. *Тамақсау, тамаққұмар.*
**ТАМАМ**[1] [ар. تمام] есім. *Барлық, күллі, дүйім.*
**ТАМАМ**[2] [ар. تمام] үст. *Өте, аса, тым.*
**ТАМАМ**[3]: **тамам болды.** *Бітті, аяқталды, түгесілді.*
**Тамам етті.** *Бітірді, аяқтады, тамамдады.* **Тамамына келді.** *Бітті, аяқталды, түгесілді.*
**ТАМАМДА=** ет. *Бір нәрсені бітіру, аяқтау.*
**ТАМАМДАЛ=** ет. **1.** *Біту, аяқталу.* **2.** ауыс. *Өмірмен қош айтысу, о дүниелік болу.*
**ТАМАМДАЛУ** *Тамамдал етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАМДАН=** ет. *Бітіру, аяқтау.*
**ТАМАМДАНУ** *Тамамдан етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАМДАС=** ет. *Бірге бітіру, аяқтау.*
**ТАМАМДАСУ** *Тамамдас етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАМДАУ** *Тамамда етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАН** шыл. *Жақын, таяу, жуық, қарай.*
**ТАМАША** [ар. تماشى] зат. **1.** *Қызық-думан, ойын-сауық.* **2.** *Соншалықты жақсы, ерен, керемет. // Қызығы, ғажабы.*
**Тамаша етті.** *Қызықтап қарады, сүйсінді, таңданды, таңырқады.*
**ТАМАШАЛА=** ет. *Қызықтау, таңырқау, таңдану.*
**ТАМАШАЛАТ=** ет. *Қызық көрсету.*
**ТАМАШАЛАТУ** *Тамашалат етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАШАЛАУ** *Тамашала етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМАШАЛЫ** сын. *Қызықты, қызғылықты.*
**ТАМАШАЛЫҚ** зат. *Қызық, игілік, ғаламаттық.*
**ТАМАШАСЫЗ** сын. *Ойын-сауықсыз, қызықсыз.*
**ТАМАШАШЫЛ** сын. *Сауықшыл, қызықшыл.*
**ТАМБУР** [франц. tambour] **1.** зат. *Жолаушылар мінетін вагонның шығаберіс аузындағы бос жер.* **2.** *Үйлер мен құрылыстардың сыртқы есіктері алдында сыртқы және ішкі есіктерінің арасына суық ауа мен желден қорғау қызметін атқару үшін тұрғызылатын шағын кіреберіс.*
**ТАМҒА** зат. ескі кіт. *Таңба.*
**ТАМҒАЛЫ** тас. *Таңбалы тас.*
**ТАМҒАШЫ** зат. ескі кіт. *Таңба, белгі салушы.*
**ТАМҒЫ** [ар. طمع] зат. *Олжа, дәме.*
**ТАМДЫР=** ет. **1.** *Тамызу, жаудыру.* **2.** *Ағызу.*
**ТАМДЫРУ** *Тамдыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМИЛЬДЕР** зат. *Үндістандағы халық, Тамиланд штатының негізгі халқы.*
**ТАМОЖНЯ** зат. ***Кеден*** *(шекарадан өтетін тауарларды тексеретін және осы тауарларға салынған салықты алып тұратын мекеме).*
**ТАМПОН** [франц. tampon] зат. мед. *Жараның аузын бастыратын немесе қан тоқтату үшін қойылатын тығын мақта не дәке.*
**ТАМПЫҚ: тампық мұрын.** *Тәмпіш мұрын.*
**ТАМСА=** ет. *Бір нәрсенің дәмін ауызбен байқап көру.*
**ТАМСАН=** ет. **1.** *Тамақтың жемісінің дәмін татып көру я болмаса татқандай болып сезіну.* **2.** ауыс. *Аузының суы құрып, таңдану, таңырқану.*
**ТАМСАНДЫР=** ет. **1**. *Тәбетін ашу, еліту.* **2.** ауыс. *Сүйсіндіру, таңырқату.*
**ТАМСАНДЫРУ** *Тамсандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМСАНТ=** ет. *Тамсандыру, сүйсінту.*
**ТАМСАНТУ** *Тамсант етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМСАНУ** *Тамсан етістігінің қимыл атауы; таңдану, таңырқану.*
**ТАМСАНЫҢҚЫРА=** ет. *Тамсана түсу, таңырқау.*
**ТАМСАНЫС** зат. *Таңырқасқан күй, таңданыс.*
**ТАМСАНЫС=** ет. *Таңданысу, сүйсінісу.*
**ТАМСАНЫСУ** *Тамсаныс етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМСАТ=** ет. *Тамсандыру, сүйсіну, таңырқату.*
**ТАМСАТУ** *Тамсат етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМСАУ** *Тамса етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМТАМ** зат. муз. *Мыс қаңылтырдан беттестіріліп жасалған, ұрып ойнайтын музыкалық аспап.*
**ТАМ-ТҰМ** сын. *Азғана, шағын, шамалы.*
**ТАМ-ТҰМДАП** үст. *Аз-аздап, ептеп-септеп.*
**ТАМТЫҚ** зат. *Қалған қалдық, жұқана.*
**ТАМУ** *Там етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМҰҚ** зат. **1.** діни. *Діни ұғым бойынша, күнәһар адамға (о дүниеде) азап көрсететін жер, тозақ.* **2.** ауыс. *Ауыр азап, мехнат, бейнет.*
**ТАМШУЫР** зат. мед. <франц. pipette> *Дәрі тамызатын шыны түтікше.*
**ТАМШЫ** зат. *Сұйық заттың ең кішкене бөлігі.*
**ТАМШЫЛЫҚ: Тамшылық талдау.** хим. *Талдаулық реакцияны ерітіндінің бір тамшысында жүргізетін микрохимиялық талдау.*
**ТАМШЫДАЙ** сын. *Өте кішкентай, титтей.*
**ТАМШЫЛА=** ет. *Сұйық заттың тамшыға айналып ағуы.*
**ТАМШЫЛАТ=** ет. *Тамшы түрінде ағызу.*
**Тамшылата суармалау.** егін шар. *Микросуармалаудың бір түрі; өсімдіктің тамырын арнаулы тамшылатқыш тамызғы арқылы ылғалдандыру.*
**ТАМШЫЛАТУ** *Тамшылат етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМШЫЛАУ** *Тамшыла етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЗ** зат. *Шілдеден соң, қыркүйектен бұрын келетін жаз айы, август.*
**ТАМЫЗ**[1]**=** ет. *Сұйық затты тамшылатып ағызу.*
**ТАМЫЗ**[2]**=** ет. *Отты тұтатып жандыру, от алдыру.*
**ТАМЫЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Тамызық.***
**ТАМЫЗДЫҚТАЛ=** ет. *Тамызық салынып тұтатылу.*
**ТАМЫЗДЫР** *Күйдіру, тамшылату.*
**ТАМЫЗДЫРУ** *Тамыздыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЗУ** *Тамыз етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЗЫҚ** зат. *От тұтататын, кепкен, қураған отын.*
**ТАМЫЗЫҚТА=** ет. *Тамызық салып от тұтату, жағу.*
**ТАМЫЗЫҚТАП** үст. *Шетінен, ақырындап, бірте-бірте.*
**ТАМЫЗЫҚТАТ=** ет. *Біртіндеп айту, шетінен білдіру.*
**ТАМЫЗЫҚТАТУ** *Тамызықтат етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЗЫҚТАУ** *Тамызықта етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЗЫҚТЫҚ** сын. *Тамызық боларлық, тамызық етерлік.*
**ТАМЫЗЫЛ=** ет. *Тамшылатылу, тамшы түрінде ағызылу.*
**ТАМЫЗЫЛУ** *Тамызыл етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫҚ** зат. сөйл. ***Тамұқ***.
**ТАМЫЛЖУ** *Тамылжы етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫЛЖЫ=** ет. **1.** *Маужыраған тыныштық қалыпқа ену, бөлену.* **2.** *Құлақтың құрышын қандырып құйқылжу, шырқау.*
**ТАМЫЛЖЫТ=** ет. *Құлақ құрышын қандырып құйқылжыту, шырқату.*
**ТАМЫЛЖЫТУ** *Тамылжыт етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫР** зат. **1.** бот. <грек. rhiza> *су мен коректік заттарды жеткізіп тұратын мүшесі.* **2.** анат. *Қан жүретін жол.* **3.** ауыс. *Алысберіс жасап жүретін досжар адам, дос, жақсы жолдас, сыйлас адамдар.* **4.** ауыс. *Ашынажай, көңілдес адам.* **5.** ауыс. *Бір нәрсенің шыққан жері, төркіні, негізі.*
**Тамыр атпалары.** бот. *Өсімдіктердің тамырларындағы бүршіктерден өсіп шыққан жас өркендер.* **Тамыр болды.** этн. *Арасындағы достық, сыйластық бір-бірінен қалауын алу арқылы бекітілетін қатынаста болды.* **Тамыр буындырғыш.** кәс. *Малды пішкенде тамыр, енді қысып ұстауға арналған аша ағаш құрал.* **Тамыр бұтақ.** бот. *Өсімдік тамырының тарамдары.* **Тамыр жайды.** а) *Кеңінен тарады, өркендеді, өрбіді.* ә) жағымсыз. *Етек алды.* **Тамыр жемісті өсімдік.** *Жемісі тамырында болатын өсімдік.* **Тамыр жүйесі.** бот. *Бір өсімдіктегі әртүрлі тамырлардың (негізгі, жанама, қосалқы) жиынтығы.* **Тамыр жіберді.** *Орнықты, орнын тапты.***Тамыр қысымы.** бот. *Өсімдіктегі су тасымалының төменгі, шеткі қозғаушы күші.* **Тамырмен қоректену.** бот. *Өсімдіктердің күрделі заттарды сіңіруі, өңдеуі және өз қажетіне пайдалануы; көп сатылы физиологиялық үдеріс.* **Тамыр мойны.** бот. *Тамырдың сабаққа өтетін, шартты түрде белгіленетін шегарасы.* **Тамыр тарылу.** биол. <лат. vas, constrictio> *Жазық еттерінің жиырылуына байланысты тамыр диаметрінің кішіреюі.* **Тамыры білеудей болды.** *Тамыры салаланып, бадырайды.* **Тамырына балта шапты.** *Біржолата құртты, жойды, түбіне жетті.* **Тамырынан кеседі.** *Жояды, құртады; емдейді.* **Тамырын басты [ұстады].** *Сөз тартты, ыңғайын байқады.* **Тамыры тереңге кетті.** *Әбден орнықты, орнын тапты.* **Тамырын қиды [қырықты, кесті].** *Біржолата көзін жойды.* **Тамырын құрт жайлаған қу ағаштай.** бейн. *Білінбей, байқатпай келіп, бір күні морт сыну, іштен желіну туралы.* **Тамырын тартты.** *Жайлап сырын білді, ойын білмек болды.* **Тамырын ұстады.** а) *Тамырдың соғысына қарап бал ашты, болжам жасады.* ә) *Сөз тартты, байқап көрді.*
**ТАМЫРАТПА** зат. бот. *Тамырдағы қосалқы бүршіктерден дамитын өркен.*
**ТАМЫРАЯҚТЫЛАР** зат. биол. <лат. rinzopoda> *Саркодиналардың бір класс тармағы.*
**ТАМЫРДӘРІ** зат. өс. <лат. polygonum atphibium> *Лалагүл тұқымдасына жататын, өзен бойларында, тау беткейлерінің орта белдеулерінде өсетін, кейбір ауруларды емдеуге пайдаланылатын улы көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ТАМЫРЖЕМІСТЕР** зат. өс. *Сәбіз, қызылша, кейбір мәдени өсімдіктердің топырақасты мүшесінің ірі етжеңді, шырынды болып өзгерген түрі.*
**ТАМЫРЖУА** зат. бот. <лат. allium polyr rhizum> *Жуа туысына жататын көпжылдық өсімдік.*
**ТАМЫРЛА=** ет. **1.** *Тамыр жаю, тамыры таралып өсу.* **2.** ауыс. *Жылжу, жай қозғалу.*
**ТАМЫРЛАН=** ет. *Тамыр жаю, тамыры таралып өсу.*
**ТАМЫРЛАНДЫР=** ет. *Тамыр жайғызу.*
**ТАМЫРЛАНДЫРУ** *Тамырландыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫРЛАНУ** *Тамырлан етістігінің қимыл атауы.*
**ТАМЫРЛАС** сын. *Негіздес, шығу төркіні бір.*

**ТАМЫРЛАС=** ет. **1.** *Бірге өсу, достасу.* **2.** ауыс. *Қабысу, тоғысу.*

**ТАМЫРЛАСТЫҚ** зат. *Бауырластық, туыстастық.*

**ТАМЫРЛАСУ** *Тамырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАМЫРЛАУ** *Тамырла етістігінің қимыл атауы; кешігу, орнығу.*

**ТАМЫРЛЫ** сын. **1.** *Тамыры көп, тамыры терең.* **2.** *Ертеден келе жатқан, дәстүрлі.*

**Тамырлы қабық.** анат. <лат. tunica vasculosa> *Көз алмасының қан тамырлары мол ортаңғы қабығы.*

**ТАМЫРЛЫҚ** зат. *Алыс-беріс жасап жүретін дос-жарандық.*

**ТАМЫРЛЫРАҚ** зат. *Тамыры үлкендеу, жуанырақ.*

**ТАМЫРМҮК** зат. өс. *Су астында өсетін, жоғары сатыдағы автотрофты өсімдіктер.*

**ТАМЫРСАБАҚ** зат. бот. <грек. rhizoma> *Көпжылдық өсімдіктердің жапырақ шығармайтын, түрі өзгерген жерасты өркені.*

**ТАМЫР-ТАНЫС** зат. *Көңілдес, дос-жаран.*

**ТАМЫР-ТАНЫСТЫҚ** зат. *Көңілдестік, дос-жарандық.*

**ТАМЫРТҮЙНЕК** зат. бот. *Тамаққа, мал азығына жұмсалатын жуан, етті тамыры бар өсімдіктер (қызылша, тарна, сәбіз және т.б.).*

**ТАМЫРТҮК** зат. бот. <лат. fontinalis antipyretica> *Су астында, аквариумда өсірілетін жоғары сатыдағы автотрофты өсімдік.*

**ТАМЫРША** зат. биол. *Ұрықтанған жұмыртқа жасушасынан дамыған ұрықтың бір бөлігі.*

**ТАМЫРШӨП** зат. өс. <лат. spirodela> *Балдыршөп тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдіктері.*

**ТАМЫРШЫ** зат. *Қол тамырын ұстап ауруды анықтайтын емші.*

**ТАМЫРШЫДАЙ** сын. *Тамыршы сияқты, тамыршы тәрізді.*

**ТАМЫРШЫЛЫҚ** зат. *Тамыр ұстап ауруды емдеу.*

**ТАМЫРШІРІК** зат. бот. *Өсімдіктерде гельминтоспорий, фома саңырауқұлақтары түрлерімен зақымдалу салдарынан пайда болатын аурудың түрі.*

**ТАН=** ет. *Айтқан сөзінде тұрмау, жалтару, бұлтару, мойындамау.*

**Естен танды.** *Ақылынан алжасты, есеңгіреді, есі ауып қалды.*

**ТАНА[1]** зат. *Бір жас пен жастан асып, қоңдылық алып, дене тұрқы өсе бастаған сиырдың ұрғашысы.*

**ТАНА[2]** зат. *Ақықтан жасалған, киімге тағылатын жалтырауық түйме.*

**Тана көз.** *Мөлдіреген дөңгелек көз.* **Тана тағу.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жас баланың қуанышын үстемелейтін жора [Жақын туысқаны немесе көрші-қолаңның жас баласы алғаш рет өз бетімен іс тындырса, үлкенге тән ақылдылық танытса, оның осы көшелілігін құптап, әспеттеп, ерекше ескеру белгісі ретінде баланың киім-кешегіне тананы (түйме, күміс түйме) әйел адам өз қолымен тағып: «Бәрекелді, азамат екенсің, ақылды екенсің», – деген сөздермен қолпаштайды].*

**ТАНАДАЙ** сын. *Тана сияқты, тана тәрізді.*

**ТАНАЗАР** зат. *Ой, ес, ми.*

**ТАНАМОНШАҚ** зат. этн. *Ақықтан жасалған моншақ.*

**ТАНАП** зат. **1.** *Пайдалануға жарамды жердің бір бөлігі.* **2.** ауыс. *Ауқым, көлем.*

**ТАНАПТАЙ** сын. *Танап сияқты, танап көлеміндегі.*

**ТАНАПТАУ** зат. жерг. кәс. *Өлшей, бөлшектеу.*

**ТАНАПТЫҚ** сын. *Танап-танап болып бөлінген (жер).*

**Танаптық құлақарық.** егін шар. *Күріш егілген алапқа су жеткізетін жүйе.*

**ТАНАСАП** зат. этн. *Тананың терісімен қапталған сап.*

**ТАНАСАПТЫ** сын. этн. *Тана терісімен қапталған сабы бар.*

**ТАНАТАҒАР** зат. этн. *Жас бала бірінші рет жолға шыққанда жасалатын ырым.*

**ТАНАТОЛОГИЯ** [грек. thanatos – өлім, logos – ілім] зат. мед. *Адам өлімінің себептерін, оның даму механизмін, клиникалық, биохимиялық және морфологиялық көріністерін зерттейтін медицинаның теориялық және тәжірибелік бөлімі.*

**ТАНАТОЦЕНОЗ** [грек. thanatos – өлім, koinos – жалпы, бірлікте] зат. экол. *Өлі су ағзаларының жинақталуы.*

**ТАНАУ** зат. анат. *Адамның, жан-жануарлардың дем алатын мұрын қуысы.*

**Танаудан тізді.** *Ешкімді қалдырмай, шетінен түгендеді.* **Танауды жыбырлатты.** *Тәбетін ашты, піскен астың иісі тамаққа тәбетін ашты.* **Танау қақты.** *Ашуланды, екіленді, ызаланды.* **Танау маңқа.** вет. *Жылқының танауынан ірің ағып, ісіп ауыратын жұқпалы ауруы.* **Танауы түрілді.** *Бәйге атының шабысын бейнелейтін сөз; аттың танауы делдиді.* **Танауы делдиді [қусырылды, тарылды, қақты].** а) *Булықты, елірді.* ә) *Ашуланды, ыза-кегі бетіне шықты.* **Танауы желбеңдеді.** *Ентігіе дем алды, алқынды.* **Танауы желбіреді.** а) *Танауы тынымсыз қозғалды.* ә) *Көңілі шалқыды, масаттанды.* **Танауы желп-желп етті.** *Ентікті, жиі-жиі дем алды.* **Танауы жырылған.** *Қиқар, қырсық, шатақ.* **Танауы құсырылды.** *Ашуланды, қанын ішіне тартты.* **Танауымен көк тіреді.** *Ешкімді менсінбеді, дандайсыды.* **Танауын көтерді.** *Ісініп-кебінді, дандайсыды, менсінбеді.* **Танауы шелектей болды.** *Мақтанып жер-көкке сыймады, әлдеқандай болып дандайсыды.*

**ТАНАУЛА=** ет. *Алқыну, демігу, ентігу, өкпесі өшу.*

**ТАНАУЛАТ=** ет. *Алқынту, ентіктіру, ентелету.*

**ТАНАУЛАТУ** *Танаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНАУЛАУ** *Танаула етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНАУРА=** ет. сөйл. ***Танаула.***

**ТАНАУРАТ=** ет. сөйл. *Танаулату, алқынту.*

**ТАНАУРАТУ** *Танаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНАУРАУ** *Танаура етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНБА=** ет. *Алған беттен қайтпау, жазбау.*

**ТАНБАУ** *Танба етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНБУР** зат. муз. *Шығыс елдерінде кең тараған үш ішекті музыкалық аспап.*

**ТАНГАЖ** [франц. tangage] зат. әск. *Ұшу, жүзу барысындағы ұшақтың (ракетаның) немесе кеменің негізгі көлденең білік инерциясымен салыстырғандағы бұрыштық қозғалысы.*

**ТАНГЕНС** [лат. tangens] зат. матем. *Тригонометриялық функциялардың бірі.*

**Тангенстер теоремасы.** матем. *Үшбұрыш қабырғаларының ұзындықтар мен оларға қарама-қарсы жатқан бұрыштардың жарты айырмасы мен жарты қосындысы тангенстерінің арасындағы қатысты өрнектейтін теорема.*

**ТАНГЕНСТІК** сын. матем. *Тангенске қатысты, тангенске тән.*

**ТАНГО** [исп. tango] зат. өнер. *Музыкалық өлшемі жұп (негізінен 2/4) болып келетін қазіргі заманғы бал биі.*

**ТАНДЕМ** [ағыл. tandem] зат. спорт. *Қосарланған екі доңғалақты, біріккен екі жүргізгіші бар екі орынды велосипед.*

**ТАНДЫР[1]** [ар. تنور] зат. этн. *Нанды қабырғаларына жапсырып, қарып пісіруге арналған, далаға орнатылған пеш. // Кеуіп құрғап қалған, қаңсыған.*

**Тандыр болып суалды.** *Құрғады, кепті, жоғалды.* **Тандыр нан.** тамақ. *Тандыр пештің қабырғасына жапсырылып пісірілген нан.* **Тандыры кепті [құрыды].** *Суалды, кеуіп, құрғап қалды.*

**ТАНДЫР[2]: есінен тандырды.** *Ақылынан адастырды, алжастырды.*

**ТАНДЫРДАЙ** сын. *Тандыр сияқты, тандыр тәрізді.*

**ТАНДЫРЛА=** ет. *Қаңсу, кебу, құрғау.*

**ТАНДЫРЛАТ=** ет. *Қаңсыту, кептіру, құрғату.*

**ТАНДЫРЛАТУ** *Тандырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНДЫРЛАУ** *Тандырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНДЫРУ: естен тандыру**. *Ақылынан адастыру, есеңгірету.*

**ТАНЗИМАТ** [ар. تنظيمات] зат. саяси. *Модернизация, жаңашаландыру.*

**ТАНЗОМЕТРИЯ** зат. спорт. *Спорт құралдарына немесе күшті өлшейтін жабдықтарға түскен механикалық қысымның әсерінен электр қуатына айналатын өзгерімдердің өлшемін анықтайтын құрал.*

**ТАНК** [ағыл. tank] зат. әск. *Түгелдей сауытты, шынжыр табанды соғыс мәшинесі.*

**Танк әскері.** әск. *Құрлықта негізгі соққы беретін әскер түрі.* **Танк бригадасы.** әск. *Бірнеше танкистерден құралған әскери топ.* **Танк взводы.** әск. *3-4 танкіден тұратын танк әскерлерінің тактикалық бөлімшесі.* **Танк десанты.** әск. *Ортақтаса ұрыс қимылдарын жүргізу үшін танкілермен алып жүрілетін атқыштар (жаяу әскерлік, мотоатқыштар) бөлімшесі.* **Танк қаруы.** әск. *Танкіге орнатылған қару-жарақ.* **Танк пулеметі.** әск. *Танкіден атыс жүргізуге бейімделген жаяу әскерлерге қарсы қолданылатын пулеметтің бір түрі.* **Танк ротасы.** әск. *Танк взводтарынан тұратын танк әскерлерінің тактикалық бөлімшесі.* **Танк тосқауылы.** әск. *Қарсыластың шабуыл жасауы (қозғалыс жасау) ықтимал бағытында жасырын орналасқан танк бөлімшесі.* **Танк ұрысы.** әск. *Екі қарсылас жақтың танк бөлімшелерінің, бөлімдерінің, құрамаларының соқтығысы; артиллерия мен авиацияның қолдауы арқылы және әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарымен бірге жүргізіледі, жалпы әскери ұрысының негізгі бөлімі.*

**ТАНКЕР** [ағыл. tanker] зат. тех. *Сұйық заттар (мұнай және оның өнімдері, сұйытылған газ, тамақ өнімдері, химиялық сұйықтар және т.б.) тасымалдайтын кеме.*

**ТАНКИСТ** зат. әск. *Танк жүргізуші.*

**ТАННАЛЬБИН** зат. хим. *Су мен спиртте ерімейтін, бірақ сілтіде ерігіш, иіссіз және дәмсіз, қоңыр ұнтақ зат.*

**ТАННИН** зат. хим. *Суда, спирт пен глицериндеерігішсарғышұнтақзат.*

**ТАННИНДЕР** зат. хим. *Көптеген өсімдіктерде болатын фенолдық қосылыстар; илегіш органикалық заттар қоспасы.*

**ТАННОФОРМ** зат. хим. *Таннин мен формальдегид қосындысы, суда, сілтідеерімейтін, иіссіз, қызғылт ұнтақ зат.*

**ТАНТАЛ[1]** [лат. tantalum] зат. хим. *Болаттарға легирлеуші қоспа, қызуға төзімді қүймалар құраушы ретінде, электртехникада, химиялық мәшине жасау мен ядролық энергетикада конструкциялық материал т.б. ретінде қолданылатын ашық сұр түсті ауыр металл; химиялық элемент.*

**ТАНТАЛ**[2]**: тантал азабы.** [грек. tantalos] *Мәңгілік шөл азабы, мәңгілік аштық азабы.*

**ТАНТАЛИТ** зат. хим. *(Fe,Mn;)Ta2O6 күрделі оксидтер тобының минералы; тантал кені.*

**ТАНТРИЗМ** зат. мәд. *Өздерінің киелі мәтіндері ретінде тантраны танитын индуизмнің секталары мен мектептерінің жалпы атауы.*

**ТАНТУ** *Танты етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНТЫ=** ет. *Орынсыз мылжыңдау, көку.*

**ТАНТЫҚ** сын. жағымсыз. *Мыжып көп сөйлейтін, бос сөзге үйір, сөз соқты (адам).*

**ТАНТЫҚТЫҚ** зат. жағымсыз. *Мылжыңдық, көпсөзділік, сөзуарлық.*

**ТАНТЫРА=** ет. сөйл. ***Танты.***

**ТАНТЫРАҚТА=** ет. *Бұтып-шату, былықтыру.*

**ТАНТЫРАҚТАУ** *Тантырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНТЫРАУ** *Тантыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНУ**[1] *Тан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНУ**[2] *Таны етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айнытпай, тап басып білу.* **2.** *Айыру, ажырату.* **3.** *Түсіну, түйсіну.*

**ТАНША** зат. жерг. ***Тана.***

**ТАНШАДАЙ** сын. *Танша сияқты, танша тәрізді.*

**ТАНЫ=** ет. **1.** *Айнытпай тап басып білу.* **2.** *Бір затты жан-жақты тексеріп, ажырату, айыру.* **3.** *Мойындау, қабылдау.*

**Тани алмады.** *Бір нәрсенің байыбына баруға, оны танып білуге шамасы келмеді.*

**ТАНЫҒЫСЫЗ** сын. *Мүлдем басқаша боп өзгерген, құлпырған, жаңарған.*

**ТАНЫҒЫШ** сын. *Танып-білуге шебер.*

**ТАНЫҒЫШТЫҚ** зат. *Танып-білуге шеберлік.*

**ТАНЫҚ** сын. *Беймәлім, белгісіз. // Белгісіз, беймәлім нәрсе.*

**ТАНЫЛ=** ет. **1.** *Танымал болу, белгілі, мәшһүр болу.* **2.** *Қабылдану, мойындалу.*

**ТАНЫЛУ** *Танылу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Танымал болу, белгілі болу.* **2.** *Қабылдану, көріну.*

**ТАНЫМ** зат. филос. *Дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі.*

**ТАНЫМАЛ** сын. **1.** *Көзтаныс, үйреншікті, белгілі, таныс. // Таныс адам.* **2.** *Елге белгілі, көпшілікке танылған, атағы жайылған.*

**ТАНЫМАЛДЫҚ** зат. *Белгілілік, таныстық.*

**ТАНЫМАЛЫ** сын. сөйл. ***Танымал.***

**ТАНЫМАСТАЙ** сын. *Адам айтқысыз, таныгысыз, өзгеше.*

**ТАНЫМДЫҚ** сын. *Танып-білуге тән, танымға қатысты.*

**Танымдық есеп.** пед. *Жаңа білім іздеуге, оқудағы байланыс, дәлелдерді белсенді пайдалануға түрткі болатын оқу тапсырмасы.* **Танымдық қызығушылық.** пед. *Ғылым жаңалықтарын, қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып-білуге деген қызығушылық.*

**ТАНЫМДЫЛЫҚ** сын. сөйл. ***Танымдық.***

**ТАНЫМПАЗ** сын. *Тануға шебер, танығыш.*

**ТАНЫМПАЗДЫҚ** зат. *Тануға шеберлік, танығыштық.*

**ТАНЫС** сын. *Көптен білетін, белгілі, танымал. // Танитын, білетін адам.*

**Таныс болды.** а) *Таныды, білді.* ә) *Меңгерді, игерді.* **Таныс емес.** *Жат, белгісіз.*

**ТАНЫС=** ет. **1.** *Бөтен адаммен жүздесіп білісу.* **2.** *Бір нәрсенің мән-жайын білу, тексеру, зерттеу.*

**Танысып көрді.** *Жүздесіп байқады.*

**ТАНЫСАЯҚ** зат. этн. көне. *Құдаласқан адамдардың арасында жүретін қалаулы қара мал.*

**ТАНЫС-БІЛІС** сын. *Сыралғы, сыр мінез, танымал.*

**ТАНЫСТАС** сын. *Пікірлес, сырлас.*

**Таныстас болды.** *Танысты.*

**ТАНЫСТАУ** сын. *Танысырақ, белгілілеу.*

**ТАНЫСТЫҚ** зат. **1.** *Таныс-білістік, білгендік.* **2.** *Танымалдық, көпке белгілілік.*

**ТАНЫСТЫР=** ет. **1.** *Таныту, білістіру.* **2.** *Көрсету, мәлімет беру.*

**ТАНЫСТЫРУ** *Таныстыр етістігінің қимыл атауы; мәлімет беру, көрсету.*

**ТАНЫСТЫРЫЛ=** ет. *Түсіндірілу, баяндалу.*

**ТАНЫСТЫРЫЛУ** *Таныстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНЫСТЫРЫЛЫМ** зат. ***Тұсаукесер.***

**ТАНЫСУ** *Танныс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Білісу, жүздесу.* **2.** *Мән-жайын білу, тексеру.*

**ТАНЫТ=** ет. *Көрсету, қандай да бір қырынан көріну.*

**ТАНЫТТЫР=** ет. *Таныту, білдірту.*

**ТАНЫТТЫРУ** *Таныттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНЫТУ** *Таныт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көрсету, білдірту.* **2.** *Жариялау, мәшһүр ету.*

**ТАНЫТЫЛ=** ет. *Көрсетілу, көріну.*

**ТАНЫТЫЛУ** *Танытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАНЫТЫС: жылы шырай танытысты.** *Жылылық, оңқабақ көрсетті, ілтипат көрсетті.*

**ТАНЫТЫСУ** *Танытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢ**[1] зат. *Күн шығар алдындағы мезгіл.*

**Таң ағарды.** *Таң бозғылт тартып, жарық түсу.* **Таң азаннан.** *Ертемен, жерге жарық түсе бастағаннан.* **Таң айырды.** *Бәйге атын жаратты, таң асырды.* **Таң алакөбеңденді.** *Таң сыз бере бастады.* **Таң алдында.** *Таң атуға таяр сәт.* **Таң асты [асырды].** а) *Қатты не ұзақ жүрістен соң, атты таңға дейін суытып демалдырды.* ә) *Түнімен, таң атқанша жүрді, әрекет етті.* **Таң атты.** а) *Түн қараңғысы сейілді, жарық түсті.* ә) *Теңдікке жетті, бостандық туды.* **Таң ату.** *Таң қараңғысының ыдырауы, жарық сәуле түсуі.* **Таң атып, күн батқанша.** *Ертеден қара кешке дейін, күні бойы, күнұзақ.* **Таң [таңды ұйқысыз] атырды.** *Таңға дейін ұйықтамады, ұйқы көрмеді.* **Таң атырмады.** *Күн көрсетпеді, тыныштық бермеді.* **Таң бозарды.** *Таң құланиектеніп ағарды, қылаң берді.* **Таң бозы.** *Таң қылау беріп атып келе жатқан кез.* **Таңды атқызды.** *Бір нәрсемен таң болғанша айналысты.* **Таңды атырып, кешті батырды.** *Уақытты бір іспен, әрекетпен ғана өткізді.* **Таңды көзбен атырды.** *Таң атқанша көз ілмеді, түні бойы ұйықтамады, көрер таңды көзімен атқызды.* **Таңды таңға, күнді күнге ұрды.** *Күні-түні дамыл таппады.* **Таңды ұйқысыз атырды [қарсы алды].** *Түні бойы кірпік ілмеді, ұйықтамады.* **Таң жапсары түрілді.** поэт. *Таң атар кез жақындады, жарық түсе бастады.* **Таң кеугіміндей.** *Таң қараңғысындай, таң атар алдындағы кездей.* **Таң көбесі сөгілді.** *Таң ата бастады, түн қараңғылығы ыдырай бастады.* **Таң қараңғысы.** *Таң атар кез, таң алды.* **Таң қылаң берген кезде [саз бергенше].** *Таң бозарып атқанда.* **Таң қылаң берді.** *Таң сыр берді, бозғыл тартты.* **Таң қылия.** *Таң бозарып ата бастаған кезде.* **Таң нұрлы болсын.** *Таңертең аман көргенде айтылатын тілек.* **Таң нұры.** *Таң шапағы, таңғы жарық.* **Таңның атысы, күннің батысы.** *Күні бойы, ұзақ күн.* **Таң сызат берді.** *Құланиектеніп таң ата бастады, таң бозарды.* **Таң сарғайып атты [сарғайды].** *Түн қарағысы сейіліп, таң бозамықтана дала сарғыш тартып, жарық түсті.* **Таң сәрі.** *Жерге жарық түсе бастаған, таң қылаң берген уақыт.* **Таң сәріден.** *Елең-алаңнан, ертемен.* **Таң сыз [сыз] берді.** *Таң ата бастады, таң бозарды.* **Таңы атып, күні шықты.** *Арманына жетті, дегені болды.*

**ТАҢ**[2] зат. *Шаттың ішкі жағы, шап.*

**ТАҢ**[3] сын. *Сенерін де, сенбесін де біле алмаған қалып; аң-таң.*

**Таң болды.** *Қайран қалды, таңырқады, таңданды.* **Таң көрді.** *Таңқалды, таңырқады.* **Таң қалды.** *Таңғалды.* **Таң қылды.** *Таңдандырды, таңырқатты.*

**ТАҢ= ет. Байлау, шанду.**

**ТАҢАМАЛ** зат. жерг. *Таң алды, таңсәрі.*

**ТАҢБА** зат. **1.** *Дақ, із, мөр.* **2.** этн. *Әрбір отбасының, әрбір рудың малға, жер бөліске қоятын ені.* **3.** матм. *Белгі.* **4.** инф. <ағыл. symbol> *Есептеуіш техникасында қолданылатын алфавиттің жеке символы.* **5.** ауыс. *Қаяу, шер, кек.*

**Таңба салды.** *Белгі салды, басты.*

**ТАҢБАЛА=** ет. **1.** *Таңба салу, белгі соғу.* **2.** ауыс. *Жариялау, жария ету, елге әйгілеу.*

**ТАҢБАЛАН=** ет. **1.** *Таңба салыну, белгі соғылу.* **2.** инф. *Белгілену, белгі қойылу.*

**Таңбаланған ет.** *Қасапханаларда, ет комбинаттарында сойылған мал ұшаларының сыртына қойылатын белгі.*

**ТАҢБАЛАНУ** *Таңбалан етістігінің қимыл атауы; белгілену.*

**ТАҢБАЛАУ** *Таңбала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таңба салу, белгі соғу.* **2.** матм. *Белгілеу, белгі қою.*

**ТАҢБАЛЫ** сын. **1.** *Таңба салынған, таңбасы бар.* **2.** *Таңбадан тұратын.*

**ТАҢБАЛЫҚ** сын. *Таңбаға қатысты, таңбаға тән.*

**Таңбалық жүйе.** инф. <ағыл. sign system> *Өздерінің арасында ішкі қатынастары бар таңбалар жүйесі.* **Таңбалық разряд.** инф. <ағыл. sign bit> *Санның оң немесе теріс екендігін көрсететін екілік санның разряды.*

**ТАҢБАОРЫН** зат. инф. <ағыл. font reticle> *Бір таңба орналасатын дисплей экранындағы немесе қағаз бетіндегі төртбұрышты аймақ.*

**ТАҢҒАЖАЙЫП** сын. *Керемет, ерекше, ғажап.*

**ТАҢҒАЛ=** ет. *Қайран қалу, аң-таң болу, таңырқау.*

**ТАҢҒАЛАРЛЫҚ** сын. *Таңғалдыратын, ерекше, өзгеше, таңғалатындай.*

**ТАҢҒАЛАРЛЫҚТАЙ** сын. *Ғажап, керемет.*

**ТАҢҒАЛДЫР=** ет. *Таңғалатындай жағдайға душар ету, таңдандыру, таңырқату.*

**ТАҢҒАЛДЫРУ** *Таңғалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҒАЛТ =** ет. *Таңғалуға мәжбүр ету, таңырқату, таңғалдыру.*

**ТАҢҒАЛУ** *Таңғал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҒАЛЫС** зат. *Таңданыс.*

**ТАҢҒАЛЫС=** ет. *Таңданысу, таңырқау.*

**ТАҢҒЫ** сын. *Азанғы, таңертеңгі.*

**Таңғы шуақ.** *Таң алдында түскен күн сәулесі.*

**ТАҢҒЫЗ=** ет. *Таңдыру, байлату.*

**ТАҢҒЫЗУ** *Таңғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҒЫШ** зат. **1.** этн. *Керегелердің қоспаларын байланыстыратын тоқылған жалпақ құр.* **2.** *Бір нәрсені таңатын, байластырып буып тұратын зат.*

**ТАҢҒЫШТА=** ет. *Бірдеңені шандып байлау.*

**ТАҢҒЫШТАЛ=** ет. *Таңылу, байлану.*

**ТАҢҒЫШТАЛУ** *Таңғыштал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҒЫШТАУ** *Таңғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДА=** ет. *Талғау, сұрыптау, жарату, ұнату.*

**Таңдап алды.** *Сарапқа салды, көптің ішінен іріктеді, ең дұрысын таңдады.*

**ТАҢДАҒЫШ** сын. *Таңдампаз, таңдай білетін.*

**ТАҢДАҒЫШТЫҚ** зат. *Таңдай білетін қасиет.*

**ТАҢДАЙ**[1] зат. анат. *Ауыз қуысының үстіңгі жағындағы тілге қарама-қарсы орналасқан жұқа қабыршақ ет.*

**ТАҢДАЙ**[2] сын. *Таң сияқты, таң тәрізді.*

**Таңдай бадамшасы.** анат. *Көмей қуысының жұтқыншаққа өтетін екі бүйірінде орналасқан жұп без.* **Таңдай бадамы.** *Бадамша без.* **Таңдайға дәмі үйірілді.** *Сүйсіндірді, тамсандырды.* **Таңдай жібітті.** *Сусын ішті, сусындады.* **Таңдай қағысты.** *Таңғалысты, таңданысты.* **Таңдай қаққызды.** *Таңғалдырды, тамсантты.* **Таңдай қақты.** *Таңырқады, таңданды.* **Таңдай қақтырды.** *Таңғалдырды, тамсандырды.* **Таңдай тігіс.** кәс. *Үш сызықтың үстімен қиғаш шаншып тігілетін, «қос қабырға» мәнерімен орындалатын тігіс түрі [Мұндай ерекше тігістермен кимешек жақтарын, жаға, жең аузын, сырмақтың шеттерін тігеді].* **Таңдайы кепті.** а) *Су ішкісі келді, қатты шөлдеді.* ә) *Қаңсыды, суы тартылды.* **Таңдайына басты.** *Пайдасын көрді, жемісін жеді.* **Таңдайынан бал тамған әнші.** *Дарынды, шебер әнші.* **Таңдайын жібітті.** *Сусын ішіп, шөлін басты.* **Таңдайын тақылдатты.** *Мөдірместен сөйледі.* **Таңдайын басты [көтерді].** *Бір нәрседен қатты қорыққан адамның, баланың таңдайын саусақпен басты.* **Таңдайы тақ-тақ етеді.** *Тақылдап мүдірмей сөйлейді; бөгелмей жауап береді.* **Таңдайы тақылдады.** *Тақ-тақ етіп сөйледі, мүдірмей сайрай берді.*

**ТАҢДАЙ** зат. кәс. *Шөп машинасының тісі.*

**ТАҢДАЙҚАҒАРЛЫҚ** сын. *Таң қалатындай ғажап.*

**ТАҢДАЙҚАЛЫП** зат. қолөнер. *Құс таңдайы бейнесін түсіретін соқпа қалып.*

**ТАҢДАЙҚҰР** зат. қолөнер. *Таңдай өрнегімен әшекейленген құр.*

**ТАҢДАЙҚҰРАҚ** зат. қолөнер. *Құстаңдайлап тіккен құрақ түрі.*

**ТАҢДАЙЛА=** ет. *Таңдай-таңдай етіп бөлу, салалау.*

**ТАҢДАЙЛАН=** ет. *Таңдай-таңдай етіп бөліну, салалану.*

**ТАҢДАЙЛАНУ** *Таңдайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАЙЛАУ** *Таңдайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАЙЛЫ** сын. *Шебер, өнерпаз.*

**ТАҢДАҚ**[1] сын. *Ойдым-ойдым, алабажақ.*

**ТАҢДАҚ**[2] зат. кәс. *Жылқы тісінің түбі ісіп кететін ауру.*

**ТАҢДАҚТАН=** ет. *Ойдым-ойдым болып көріну.*

**ТАҢДАҚТАНУ** *Таңдақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАҚТЫ** сын. *Таңдағы көп, ойдым-ойдым.*

**Таңдақты мигматит.** геол. *Граниттенген массада ежелгі таужыныстың қалдықтары күңгірт дақ болып көрінетін мигматиттің түрі.*

**ТАҢДАЛ=** ет. *Іріктелу, таңдап алу.*

**ТАҢДАЛУ** *Таңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАМА** сын. сөйл. ***Таңдамалы.***

**ТАҢДАМАЛЫ** сын. **1.** *Таңдаулы, іріктелген.* **2.** *Мынау деген, жарамды.*

**Таңдамалы бет.** инф. <ағыл. favorite> *Келешекте пайдаланушыға керек болып қалатын мәліметтер үшін Microsoft Internet Explorer шолушы бағдарламасында пайдаланылатын десте атауы.* **Таңдамалы флотация.** кен. *Бағалы минералдарды кеннен кезекпен, таңдап флотациялау әдісімен бөлу үдерісі.*

**ТАҢДАН=** ет. *Таңғалу, таңырқау.*

**ТАҢДАНАРЛЫҚ** сын. *Таңырқарлық, ғажап, керемет.*

**ТАҢДАНДЫР=** ет. *Таңғалдыру, таңырқату.*

**ТАҢДАНДЫРУ** *Таңдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАНТ=** ет. *Таңғалдыру, таңдандыру.*

**ТАҢДАНТУ** *Таңдант етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАНУ** *Таңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАНЫҢҚЫРА=** ет. *Таңғалыңқырау, таңырқағыныңқырау.*

**ТАҢДАНЫҢҚЫРАУ** *Таңданыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАНЫС** зат. *Таңырқаушылық, таңданушылық.*

**ТАҢДАНЫС=** ет. *Таңғалысу, таңырқасу.*

**ТАҢДАНЫСУ** *Таңданыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАС=** ет. *Таңдауға көмектесу, іріктесу.*

**ТАҢДАСУ** *Таңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАТ=** ет. *Іріктету, сұрыптату.*

**ТАҢДАТУ** *Таңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАУ** *Таңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДАУЛЫ** сын. *Таңдамалы, мынау деген.*

**ТАҢДАУСЫЗ** сын. *Таңдау жасалмаған.*

**Таңдаусыз флотация.** кен. *Минералдардың бет қасиеттері айырмашылықтарының аздығынан немесе реагенттік режім дұрыс таңдалмағандықтан, олардың көбікті өнімге қосылып шығу үдерісі* (Қаз. тілі термин. Кен.).

**ТАҢДАУШЫ** зат. *Таңдап алатын адам.*

**ТАҢДЫҚ**[1] зат. *Таңғалушылық, таңырқаушылық.*

**ТАҢДЫҚ**[2] зат. *Шат, шаптың түсі.*

**ТАҢДЫР=** ет. *Таңғызу, байлату.*

**ТАҢДЫРТ=** ет. *Байлаттыру.*

**ТАҢДЫРТУ** *Таңдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢДЫРУ** *Таңдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЕРТЕҢ** үст. *Ертеңгі мезгіл, азанғы уақыт.*

**Таңертеңнен кешке дейін.** *Күні бойы, ертеден қара кешке.*

**ТАҢЕРТЕҢГІ** сын. *Таңғы, азанғы.*

**Таңертеңгі ас.** *Ертеңгілік тамақ.*

**ТАҢЕРТЕҢГІЛІК** зат. **1.** *Азанғы мезгіл, таң атқан уақыт.* **2.** *Таңертеңгі кезде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын қоғамдық іс-әрекеттер.*

**ТАҢҚ: таңқ етті.** *Гүрс етті, тарс етті.*

**Таңқ еткізді.** *Таңқ еткен дыбыс шығарды, тарс еткізді.*

**ТАҢҚА** сын. жерг. *Өркөкірек, сотқар.*

**ТАҢҚИ=** ет. *Саңқию, аңқию, шолтию.*

**ТАҢҚИТ=** ет. *Саңқиту, шолтиту.*

**ТАҢҚИТУ** *Таңқит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҚИЮ** *Таңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҚ-ТАҢҚ** еліқ. *Таңқылдаған, тарс-тұрс, сарт-сұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ТАҢҚУРАЙ** зат. өс. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын, жартылай бұта өсімдігі.*

**ТАҢҚЫ**[1] сын. *Келте, шолтиған, қысқа.*

**Таңқы құйрық.** *Құйрығы көтеріңкі, ашық болып келетін (қой).* **Таңқы мұрын.** *Таңқия біткен, келте мұрын.*

**ТАҢҚЫ**[2] зат. жерг. *Тері илейтін ағаш қалып.*

**ТАҢҚЫ**[3] сын. жерг. *Аз, тапшы. // Суы аз, мардымсыз қайнар.*

**ТАҢҚЫЛАУ** сын. *Келтелеу, шолақтау, қысқалау.*

**ТАҢҚЫЛДА=** ет. *Таңқ-таңқ ету, тарсылдау.*

**ТАҢҚЫЛДАТ=** ет. *Таңқ-таңқ еткізу, тарсылдату.*

**ТАҢҚЫЛДАТУ** *Таңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҚЫЛДАУ** *Таңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢҚЫШ**[1] сын. сөйл. ***Таңқы.***

**ТАҢҚЫШ** зат. жерг. қолөнер. *Ені төрт елі, ұзындығы үш құлаш өрнектеп тоқылған киіз үйдің бауы.*

**ТАҢҚЫШАЯНДАР** зат. зоол. <лат. brachyura> *Он аяқты шаян тәрізді омыртқасыздар отрядының бір тармағы.*

**ТАҢҚЫШТАУ** сын. *Таңқиғандау, келтелеу.*

**ТАҢЛАЙ** зат. сөйл. ***Таңдай.***

**ТАҢЛАҚ**[1] зат. *Денеге түскен дақ, таңба.*

**ТАҢЛАҚ**[2] зат. жерг. кәс. *Жылқыны үнемі байлап қойғаннан болатын ауру.*

**ТАҢСЫҚ**[1] зат. жерг. *Қарақұйрықтың асығы.*

**Таңсық көрді.** *Қызықтады, әуес көрді.*

**ТАҢСЫҚ**[2] сын. **1.** *Жеңсік, құмар, әуес. // Жеңсік, құмар нәрсе.* **2.** ауыс. *Қат, зәру.*

**Таңсық ас.** тамақ. *Белгілі бір өңірдің адамдарына бейтаныс, басқа елдердің тағамдары.* **Таңсық болды.** а) *Аңсары ауды, зәру болды.* ә) *Әуестенді, құмартты.*

**ТАҢСЫҚ**[3] үст. *Таңырқай, таңдана.*

**ТАҢСЫҚҚОЙ** сын. *Әуесқой, құмарпаз. // Қызыққан, құмартқан адам.*

**ТАҢСЫҚТА=** ет. *Құмарту, әуес болу.*

**ТАҢСЫҚТАУ**[1] сын. *Әуесқойлау, құмарлау.*

**ТАҢСЫҚТАУ**[2] *Таңсықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢСЫҚТЫҚ** зат. *Зәрулік, құмарлық, әуесқойлық.*

**ТАҢ-ТАМАША** үст. *Аң-таң, таңырқаған қалып, күй.*

**Таң-тамаша қылды.** *Таңырқатты, таңдандырды.*

**ТАҢ-ТАМАШАЛА=** ет. *Қызықтау, ойынсауыққа айналдыру.*

**ТАҢ-ТАМАШАЛАУ** *Таң-тамашала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢУ**[1] зат. ***Таңғыш.***

**ТАҢУ**[2] *Таң етістігінің қимыл атауы; байлау.*

**ТАҢУЛЫ** сын. *Таңылған, байланған.*

**ТАҢЫЛ=** ет. *Байлану, оралу.*

**ТАҢЫЛУ** *Таңыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРАЙ=** ет. *Саңқию, аңқию, таңқию.*

**ТАҢЫРАҢДА=** ет. *Кекіреңдеу, тайраңдау.*

**ТАҢЫРАҢДАУ** *Таңыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРАЮ** *Таңырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРҚА=** ет. *Таңдану, аң-таң болу, қызығу.*

**ТАҢЫРҚАҒЫШ** сын. *Таңданғыш, қызық көргіш.*

**ТАҢЫРҚАН=** ет. *Таңғалысу, ғажаптану.*

**ТАҢЫРҚАНТ=** ет. *Таңғалдырту, таңырқату.*

**ТАҢЫРҚАНТУ** *Таңырқант етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРҚАНУ** *Таңырқан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРҚАНЫҢҚЫРА=** ет. *Таңданыңқырау, аң-таң болу.*

**ТАҢЫРҚАРЛЫҚ** сын. *Адам таңырқайтындай.*

**ТАҢЫРҚАС=** ет. *Таңданысу, таңғалысу.*

**ТАҢЫРҚАСУ** *Таңырқас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРҚАТ=** ет. *Таңғалдырту, таң-тамаша еттіру.*

**ТАҢЫРҚАТУ** *Таңырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫРҚАУ**[1] зат. *Таңданыс, таңғалыс.*

**ТАҢЫРҚАУ**[2] *Таңырқа етістігінің қимыл атауы.*

**ТАҢЫС=** ет. *Орасу, байласу.*

**ТАҢЫСУ** *Таңыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАП**[1] зат. тар. **1.** *Өндірістік тарихи жүйесінде алатын орны мен өндіріс құрал-жабдықтарының қатынасына, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастыру, одан алып отырған үлестің мөлшері мен алу әдісіне қарай ажыратылатын адамдардың үлкен топтары.* **2.** *Ел, ру.*

**Тап күресі.** тар. *Езілуші таптың (жұмысшы, шаруа) үстем тапқа қарсы біріккен қимылы, қозғалысы, наразылығы.* **Тап тартысы.** саяси. *Қанаушы және қаналушы таптар арасында болатын қайшылық, күрес.*

**ТАП**[2] зат. *Таңба, із, мөр, дақ.*

**Тап салды.** *Белгі қалдырды.* Тап келді. *Душар болды, кезікті.*

**ТАП**[3] зат. *Шоқтың қоламтасынан қалған ыстық леп, қызу.*

**ТАП**[4] зат. жерг. *Күй-жай, жағдай.*

**ТАП**[5] зат. этн. көне. *Төбетей, бас киім.*

**ТАП**[6] шыл. *Дәл, нақ, нағыз.*

**Тап басты**. *Дәл үстінен, ойлаған жерден шықты.* **Тап іргесі.** *Дәл қасы.*

**ТАП**[7]**: тап берді**. *Бас салғысы келіп ұмтылды.*

**Тап болды [келді]**. *Аяқастынан, кенет кездесті, кезікті.* **Тап етті.** *Кенеттен бірден ұрынды.*

**ТАП=** ет. **1.** *Қолға түсіру, кездестіру, кезіктіру.* **2.** *Балалау, туу.* **3.** ауыс. *Кіріс кіргізу, пайда келтіру.*

**Тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырына жетпеді [жұмырынан артылмады]**. *Табысы ішкен-жегенінен артпады.*

**ТАПА**[1]: **тапа тал түс.** *Дәл түс кезі.*

**Тапа [тапай, талма] тал түс.** *Күн тас төбеге көтерілген кез.*

**ТАПА**[2] зат. сөйл. ***Таба***.

**Тапа шай.** сөйл. ***Тақта шай***.

**ТАПА=** ет. **1.** *Аяқ астына салу, таптау.* **2.** *Қирату, жаншып жоқ қылу.*

**ТАПАЙ** зат. *Тезектің иленіп, кептірілген түрі.*

**ТАПАЙЛА=** ет. жерг. *Таптау.*

**ТАПАЙТТА=** ет. жерг. *Таптау.*

**ТАПАЙТТАУ** *Тапайтта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПАЛ** сын. *Аласа, мықыр, жатаған.*

**Тапал зеңбірек.** әск. *Зеңбірек пен келте зеңбірек қоса үйлестірілген, бірақ зеңбіректің қасиеті басым болатын артиллериялық қару.*

**ТАПАЛА=** ет. **1.** *Үсті-үстіне таптау.* **2.** ауыс. *Жаншып, қиратып өту.* **3.** жерг. *Илеу, жасау.*

**ТАПАЛАУ** *Тапала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПАЛДАУ** сын. *Мықырлау, аласалау, жатағандау.*

**ТАПАЛДЫҚ** зат. **1.** *Аласалық, жатағандық.* **2.** *Мықырлық, қысқалық.*

**ТАПАЛТАҚ** сын. *Жатағандау, аласалау.*

**ТАПАЛТАҚТАУ** сын. *Аласарақ, кішірек келген.*

**ТАПАЛША** сын. *Тапалдау, жатағандау.*

**ТАПАМАЙ**: **тапамай тезек.** жерг. *Құйма тезек.*

**ТАПАНША** зат. *Жақын жерге атылатын кішкене қолмылтық, пистолет.*

**ТАПАНША-ПУЛЕМЕТ** зат. әск. *Патронды тапаншаға ұқсас автоматтандырылған жеке атыс қаруы.*

**ТАПЖЫЛДЫРМА=** ет. **1.** *Тырп еткізбеу, міз бақтырмау.* **2.** ауыс. *Айтқанды екі етпеу, мүлтіксіз орындау.*

**ТАПЖЫЛДЫРМАУ** *Тапжылдырма етістігінің қимылы атауы.*

**ТАПЖЫЛМА=** ет. *Тырп етпеу, табан аудармау, қозғалмау. // Сол қалпында, айнымай.*

**Тапжылмай күтті.** *Ұзақ сарыла тосты.*

**ТАПЖЫЛМАУ** *Тапжылма етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЖЫЛТ=** ет. *Қозғалту, қимылдату.*

**ТАПЖЫЛТПАЙ** үст. **1.** *Бұлтартпай, айнытпай.* **2.** *Сол күйінде, сол қалпында.*

**ТАПЖЫЛТПАУ** *Тапжылтпа етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПКЕР** зат. жерг. ***Бапкер***.

**ТАПҚАН-ТАЯНҒАН** зат. *Жиған-терген бар қаражат, мал-мүлік.*

**Тапқан-таянғанын аузына тосты.** *Барын берді, бар тамағын берді.*

**ТАПҚЫЗ=** ет. *Таптыру, тауып бергізу.*

**ТАПҚЫЗДЫР=** ет. *Тауып бергіздіру.*

**ТАПҚЫЗДЫРТ=** ет. *Тауып бергіздіру.*

**ТАПҚЫЗДЫРТУ** *Тапқыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПҚЫЗДЫРУ** *Тапқыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПҚЫЗУ** *Тапқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПҚЫР** сын. *Тез ойлап, ұтымды сөз айта алатын, алғыр, зерек.*

**ТАПҚЫРЛАН=** ет. *Тапқыр болу, алғырлану.*

**ТАПҚЫРЛАНУ** *Тапқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПҚЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Алғырлық, зеректік.* **2.** *Әдіс-тәсілді шебер меңгергендік, әдісқойлық.*

**ТАПҚЫРСЫН=** ет. *Тапқыр болғансу, тапқырлық жасағансу.*

**ТАПҚЫРСЫНУ** *Тапқырсын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПҚЫШ** сын. **1.** *Тез таба білетін, бір нәрсенің қиюын, ретін келтіретін.* **2.** *Біреудің ойлаған ойын т.б. білгіш.*

**ТАПҚЫШТЫҚ** зат. *Таба білгіштік, тапқырлық.*

**ТАПСЫН=** ет. *Тепсініп, білгішсініп сөйлеу.*

**ТАПСЫНУ** *Тапсын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПСЫР=** ет. **1.** *Бір істі біреуге міндеттеу, жүктеу, арту.* **2.** *Бір затты белгілі бір орынға немесе жеке бір адамға өткізу, беру.*

**ТАПСЫРМА** зат. **1.** *Міндеттелген жұмыс, іс.*

**Тапсырма алды.** *Міндет жүктелді.*

**ТАПСЫРТ=** ет. *Тапсыруын қадағалау, бергізу.*

**ТАПСЫРТҚЫЗ=** ет. *Тапсыруға мәжбүрлеу.*

**ТАПСЫРТҚЫЗУ** *Тапсыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПСЫРТТЫР=** ет. *Тапсыртқызу.*

**ТАПСЫРТТЫРУ** *Тапсырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПСЫРТУ** *Тапсырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПСЫРУ** *Тапсыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өткізу, беру.* **2.** *Міндеттеу, жүктеу.* **3.** жерг. *Жазылу (газетке т.б.).*

**Тапсыру пункті**. *Қабылдау орны.*

**ТАПСЫРЫЛ=** ет. **1.** *Табысталу, табыс етілу.* **2.** *Міндет жүктелу, міндеттелу.*

**ТАПСЫРЫЛУ** *Тапсырыл етістігінің қимыл атауы; өткізілу.*

**ТАПСЫРЫНДЫ** сын. *Тапсырылған, жүктелген. // Тапсырма, тапсырылған міндет.*

**ТАПСЫРЫС** зат. **1.** *Тапсырылған іс, жұмыс, шаруа.* **2.** *Бір нәрсені дайындауды, орындауды, жасауды, табуды тапсыру ісі, өтінім.*

**Тапсырыстар қоржыны.** қаржы. *Кәсіпорындардағы, фирмалардағы белгілі бір күнге дейінгі және орындалуға тиіс тапсырыстардың жиынтығы.*

**ТАПСЫРЫСТЫ** сын. *Бір нәрсені дайындауға, орындауға тапсырыс жасалған.*

**ТАПСЫРЫСШЫ** зат. *Белгілі бір затқа, қызметке тапсырыс беруші адам.*

**ТАПТА=** ет. **1.** *Таптаурын қылу, аяққа басу.* **2.** ауыс. *Басып-жаншу, қиратып-бүлдіру.* **3.** *Темірді көрікке салып қыздырып, балғытып жұқарту, өткірлеу.* **4.** ауыс. *Қатты ескертіп ұғындыру, үгіттеу.* **5.** ауыс. *Қорлау, қиянат ету, менсінбеу, санатқа алмау.*

**ТАПТАҒЫШ** зат. тех. *Нығыздау, қатайту мақсатында қолданылатын техника.*

**ТАП-ТАЗА** сын. **1.** *Кіршіксіз, мұнтаздай.* **2.** ауыс. *Күнәсіз, пәк.* **3.** *Қоспасыз, қатесіз.* **4.** *Тұнық, саф.*

**ТАП-ТАЙҚЫ** сын. *Тайпиған, қайқы.*

**ТАП-ТАЙЫЗ** үст. *Өте саяз, тым тайыз.*

**ТАП-ТАҚЫР** сын. **1.** *Басында шашы жоқ, тып-тықыр.* **2.** *Өсімдік өспеген, жалаңаш, жадағай.*

**ТАПТАЛ=** ет. **1.** *Жаншылу, таптаурын болу.* **2.** ауыс. *Қорлану, қиянат жасалу.*

**ТАПТАЛУ** *Таптал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТАМА** зат. этн. ойын. жерг. *Қақпақыл ойынында бес асықпен ойнағанда жердегі тасты алып, төртіншісін жерде екі рет соғып алу түрінде ойналатын ойын.*

**ТАПТАН=** ет. *Нығыздану, басылу.*

**ТАПТАНДЫ** сын. *Әбден тапталған.*

**ТАП-ТАП**: **тап-тап берді [етті].** *Тұра ұмтылды.*

**Тап-тап берді.** а) *Қайта-қайта ұмтылды.* ә) *Жабысты, жармасты.*

**ТАП-ТАПАЛ** сын. *Ап-аласа, кіп-кішкентай.*

**ТАП-ТАР** сын. *Тілдей жіп-жіңішке, өте тар.*

**ТАП-ТАРҒЫЛ** сын. **1.** *Тым тарғыл.* **2.** ауыс. *Әбден қарлыққан.*

**ТАПТАС** сын. *Табы бір, бір таптан шыққан.*

**Таптас бауыр.** кіт. сов. *Хал-ахуалы, мүдде-мұқтажы ортақ, өзінің әлеуметтік жігінің өкілі.*

**ТАПТАС**[1]**=** ет. *Тап-тап болып бөліну, топтасу.*

**ТАПТАС**[2]**=** ет. *Жаншысу, бірге таптау.*

**ТАП-ТАСТАЙ** сын. **1.** *Қап-қатты, өте берік.* **2.** *Сұп-суық, тастай.*

**ТАПТАСТЫР=** ет. **1.** лингв. *Жіктеп бөлу, саралау.* **2.** жерг. *Келістіру, татуластыру.*

**ТАПТАСТЫРУ** *Таптастыр етістігінің қимыл атауы; жіктеу, топтау.*

**ТАПТАСТЫРЫЛ=** ет. *Жіктелу, саралану.*

**ТАПТАСТЫРЫЛУ** *Таптастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТАСУ** *Таптас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТАТ=** ет. *Басып-жаныштату, аяққа басқызу.*

**ТАПТАТҚЫЗ=** ет. *Қыздырып жұқартқызу, өткірлету.*

**ТАПТАТҚЫЗУ** *Таптатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТАТУ** *Таптат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАП-ТАТУ** сын. *Тату-тәтті, әп-әдемі жарастықты.*

**ТАПТАТЫЛ=** ет. *Жанышталу.*

**ТАПТАТЫЛУ** *Таптатыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жанышталу.* **2.** *Металды қыздырып өңдеу.*

**ТАПТАУ** *Тапта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аяқ астына салу.* **2.** ауыс. *Қирату, жаншу.* **3.** ауыс. *Қорлау, мазақ ету.*

**ТАПТАУРЫН** сын. **1.** *Тапталып қалған (жер).* **2.** ауыс. *Жаттанды, әбден белгілі.*

**ТАПТАУШЫ** зат. **1.** *Жөнге салушы.* **2.** *Қорлаушы, мазақ етуші.*

**ТАПТАУЫР** сын. сөйл. *Таптаурын.*

**ТАП-ТАЯУ** сын. *Жап-жақын, жұп-жуық.*

**ТАП-ТҮЙНАҚТАЙ** сын. *Мұнтаздай, жып-жинақы.*

**ТАПТЫҚ** сын. *Тапқа тән қасиет, сипат.*

**Таптық жіктелу.** саяси. *Елде, мемлекетте жаппай өріс алатын, саяси көзқарасы, тұрмыс деңгейі, кәсібі бойынша бөліну.* **Таптық сана.** фил. *Марксизмнің әлеуметтік-этикалық ұғымы.*

**ТАПТЫР=** ет. *Тапқызу, іздеттіру.*

**ТАПТЫРТ=** ет. *Тапқыздыру, іздеткізу.*

**ТАПТЫРТУ** *Таптырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТЫРУ** *Таптыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПТЫРЫЛ=** ет. *Тапқызылу, іздеттірілу.*

**ТАПТЫРЫЛУ** *Таптырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПШАН** зат. *Ағаштан жасалған, отырып демалатын және жататын орын.*

**ТАПШЫ** сын. *Жетімсіз, кемшін, аз; қат, зәру.*

**Тапшы болды.** *Жетіспеді, болмады.*

**ТАПШЫЛ** сын. *Өз табының намысын қорғағыш, табын жақтағыш.*

**ТАПШЫЛАН=** ет. *Жетімсіз болу, азаю.*

**ТАПШЫЛАНДЫР=** ет. *Азайту, кеміттіру.*

**ТАПШЫЛАНДЫРУ** *Тапшыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПШЫЛАНУ** *Тапшылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПШЫЛАУ** сын. *Жетімсіздеу, кемшіндеу.*

**ТАПШЫЛДЫҚ** зат. *Табын жақтағыштық қасиет.*

**ТАПШЫЛЫҚ** зат. *Жетімсіздік, кемшілік.*

**Тапшылық көрді**. *Кемістік көрді, жоқшылыққа ұшырады.* **Тапшылық тартты**. *Жоқшылықтың азабына ұшырады, жетіспеушілік көрді.*

**ТАПЫЛ: тапыл басты**. *Қаз-қаз басты.*

**ТАПЫЛДА=** ет. *Табанын жерге тап-тап басу.*

**ТАПЫЛДАТ=** ет. *Тап-тап еткізу.*

**ТАПЫЛДАТУ** *Тапылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫЛДАУ** *Тапылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРАЙ=** ет. *Жапыраю, таңқию.*

**ТАПЫРАҚ** елік. *Тапырақ-тапырақ еткен, тапырақтаған жүрісті бейнелейтін сөз.*

**Тапырақ қақты**. *Аяғын әлтек-тәлтек басты, тапырақтады.*

**ТАПЫРАҚТА=** ет. *Тапыраңдау, тайраңдау, тарпаңдау.*

**ТАПЫРАҚТАТ=** ет. *Тапыраңдату, тайраңдату.*

**ТАПЫРАҚТАТУ** *Тапырақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРАҚТАУ**[1] сын. *Тайпақтау, жайпақтау.*

**ТАПЫРАҚТАУ**[2] *Тапырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРАҢ** елік. **1.** *Тапырақтаған, тайпаңдаған жүрісті бейнелейтін сөз.* **2.** ауыс. *Дөрекі, ерсі (сөз).*

**ТАПЫРАҢДА=** ет. *Тапырақтау, әлтек-тәлтек басу.*

**ТАПЫРАҢДАУ** *Тапыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРАШ** сын. *Жүрісі жаман, тапырақтап жүретін (жылқы).*

**ТАПЫРАЮ** *Тапырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРЛА=** ет. *Тапыраңдау, тапыр-тапыр ету.*

**ТАПЫРЛАС=** ет. *Тап-тап басысу, тапыраңдасу.*

**ТАПЫРЛАСУ** *Тапырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРЛАТ=** ет. *Тапыр-тұпыр еткізу.*

**ТАПЫРЛАТУ** *Тапырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫРЛАУ** *Тапырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАПЫР-ТАПЫР** елік. *Тапырлата басқан аяқ (тұяқ) дыбысын бейнелейтін сөз.*

**ТАПЫР-ТҰПЫР** елік. *Апыр-тапыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. // Тапырлаған дыбыс.*

**Тапыр-тұпыр етті**. *Апыр-топыр болды.*

**ТАПЫРЫҚ** зат. *Тапырлаған жүріс.*

**Тапырық етті**. *Тапырақтады, апыр-тапыр басты.* **Тапырық қақты**. *Беймазаланып, берекесізденіп жүрді.*

**ТАР**[1] зат. сөйл. ***Таршылық.***

**ТАР**[2] сын. **1.** *Кең емес, кішкентай, шағын.* **2.** ауыс. *Қиын, қысылтаяң, қатал.*

**Тар ауыз.** *Кіріп-шығар жері кең емес.* **Тар есік [жер], тар босаға**. *Ауыртпалық, қиындық.* **Тар жер**. *Жан-алқымнан алатын, қысыл-таяң жер.* **Тар жерде қол созды**. *Қиыншылық күн туғанда, таршылыққа тап болғанда көмек берді.* **Тар жол.** *Азапты, қиыншылығы мол сапар.* **Тар жол, тайғақ кешу**. *Азабы, ауыртпалығы көп өмір жолы.* **Тар заман [замана, кезең].** *Аласапыран дәуір, қиын-қыстау шақ.* **Тар кезең.** *Қиын-қыстау кез, қысыл-таяң уақыт.* **Тар қамау.** *Қиын уақыт, қысылшаң кез, тар заман.* **Тар қапас.** поэт. *Тас қамау, абақты, түрме.* **Тар қолтық.** *Нағыз қолтықтың өзі; жүрек тұс.* **Тар құрсақ.** а) *Бала көтермеген, тумаған.* ә) бейн. *Бір ана, бір шеше.* **Тар құрсағын кеңейтті, тас емшегін жібітті**. *Перзент көтерді, нәрестелі, балалы болды.* **Тар қыспақ.** *Қиын-қыстау кез, қиыншылық.* **Тар мықын**. *Тар бөкселі.* **Тар мінезді**. *Ашуланшақ, ұрыншақ.* **Тар өткел.** а) *Азабы, ауыртпалығы көп қиын-қыстау кезең.* ә) *Қысылтаяң жер.*

**ТАР**[3] зат. жерг. *Ыдыс, шара.*

**ТАРА**[1]**=** ет. **1.** *Бытырау, жан-жаққа бет-бетімен кету.* **2.** *Етек алу, жайылу, таралу.* **3.** *Сіңу, ену.* **4.** ауыс. *Басылу, айыру, сейілу.*

**ТАРА**[2]**=** ет. *Тарақпен шашын жазу.*

**ТАРАҒАН** зат. жерг. кәс. *Атпен шөп жинайтын тырма.*

**ТАРАҒЫШ** сын. *Жайылғыш, тез тарайтын.*

**ТАРАҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта тарау, жазу.*

**ТАРАҒЫШТАУ** *Тарағышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАЗ: тараз қыз.** *Тал бойы талдырмаш қыз.*

**ТАРАЗБАН** [ир. ترازبان] зат. жерг. *Таразышы, таразы ұстаушы.*

**ТАРАЗЫ**[1] [ир. ترازو] зат. **1.** *Бір заттың салмағын анықтайтын өлшеуіш.* **2.** ауыс. *Өлшем, көрсеткіш.*

**Таразыға салды.** *Ой елегінен өткізді, ақылға салды.* **Таразы құрды.** діни. *«О дүниеге» кеткен кісінің сауап-күнәсы өлшемге салынды-мыс деген ұғымда айтылады.* **Таразыға тартты**. а) *Өлшеді, салмақтады.* ә) *Салыстырды, шама-шарқын көрді.* **Таразыға түсті**. *Жарысты, бәсекелесті.* **Таразыдан жеу**. *Кем өлшеу, алақолдық жасау.* **Таразысы тең.** *Шамалас, дәрежелес.* **Таразы тасы [таразысы] басым болды**. *Күші, салмағы, абыройы артық болды.*

**ТАРАЗЫ**[2] зат. астр. *Көбіне қыстыгүні таңға жуық көрінетін шоқ жұлдыз, орион.*

**ТАРАЗЫ**[3] сын. *Сидиған, ашаң.*

**ТАРАЗЫГЕР** зат. **1.** *Таразышы, таразымен өлшеуші.* **2.** ауыс. *Парасатқа салушы, ақылмен мөлшерлеуші.*

**ТАРАЗЫЛА=** ет. **1.** *Салмағын таразымен өлшеу, анықтау.* **2.** ауыс. *Мөлшерлеу, шамалау, ақылға салу.*

**ТАРАЗЫЛАН=** ет. **1.** *Өлшену, мөлшерлену.* **2.** ауыс. *Таралу, арылу.* **3.** ауыс. *Сарапталу, саралану.*

**ТАРАЗЫЛАНУ** *Таразылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАЗЫЛАС=** ет. *Өлшесу, бірге мөлшерлеу.*

**ТАРАЗЫЛАСУ** *Таразылас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАЗЫЛАУ** *Таразыла етістігінің қимыл атауы; шамалау, ақылға салу.*

**ТАРАЗЫЛАУШЫ** зат. *Өлшеуші, сарапқа салушы.*

**ТАРАЗЫЛЫ** сын. **1.** *Таразысы бар, таразыны иемденген.* **2.** ауыс. *Сарапқа салынатын, ақылмен өлшенетін.*

**ТАРАЗЫШЫ** зат. *Таразыға салып өлшеуші, таразымен салмақ айырушы.*

**ТАРАЙ=** ет. *Тарылу, азаю.*

**ТАРАКҮЛ** зат. өс. *Әдемілік үшін өсіретін үй немесе гүлзар өсімдігі.*

**ТАРАҚ**[1] зат. *Шашты, жүнді т. б. жазып тарайтын құрал.*

**Тарақ құйрық.** *Түйе құйрығының қысқалау, екі жақ жанының қылшық жүні құйрық ұшына шейін тарақ жүзіндей екі жағына қақ жарыла келгені.*

**ТАРАҚ**[2] зат. сөйл. ***Парақ*** *(қағаздың, кітаптың және тағы басқалардың бір дана қағазы).*

**ТАРАҚАҒАШ** зат. жерг. *Тырма, тырнауыш.*

**ТАРАҚАН** зат. зоол. <лат. blattoidea> *Тік қанатты, тамақты талғамай жейтін, үй ішінің зиянкес жәндігі.*

**ТАРАҚБАЛТА** зат. көне. *Жыртқыш аң, хайуандарды ұру, соғу үшін жасалған, жүзі тістіс болып тарақталып жасалған құрал.*

**ТАРАҚБАЛЫҚ** зат. балықшар. <лат. lenciscus> *Тұқылар тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

**ТАРАҚБАС** зат. жерг. *Сулы жерде, тоғайда биік болып өсетін өсімдік түрі.*

**ТАРАҚБАУ** зат. *Ер-тоқым үзеңгісінің қайыстан жасалған, екі тарам бауы.*

**ТАРАҚБОЗ** зат. өс. *Астық тұқымдастарға жататын біржылдық өсімдік.*

**Тарақбоз арпабас.** өс. <лат. bromus tectorum>. *Арпабас туысына жататын, мал азығына пайдаланылатын өсімдіктің бір түрі.*

**ТАРАҚҚҰЙРЫҚ**[1] зат. зоол. <лат. spermophilopsis leptodactylus> *Кеміргіштер тобына жататын, егінге зиянды, ұзын құйрық саршұнақ.*

**ТАРАҚҚҰЙРЫҚ**[2] зат. малшар. *Құйрық бітісіне қарай малға берілетін атау.*

**ТАРАҚҚҰРАҚ** зат. жерг. *Құрақтың бір түрі.*

**ТАРАҚТА**[1]**=** ет. *Тарау, салалап бөлу.*

**ТАРАҚТА**[2]**=** ет. сөйл. ***Парақта*** *(кітаптың, дәптердің бетін ашу).*

**ТАРАҚТАЛ=** ет. **1.** *Тарақпен таралу.* **2.** *Тарамдалу, салалану.* **3.** *Саусақтардың айқастырылуы.*

**ТАРАҚТАЛСЫН** зат. өс. *Алсын өсімдігі кейде осылай да аталынады.*

**ТАРАҚТАЛУ** *Тарақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАҚТАН=** ет. *Тарақ сияқты болу, тарамдалу.*

**ТАРАҚТАНУ** *Тарақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАҚТАҢБА** зат. этн. қолөнер. *Бейнесі тараққа ұқсас таңба.*

**ТАРАҚТАҢБАЛЫ** сын. *Сыртқы бейнесі тараққа ұқсас болып келетін таңбасы бар.*

**ТАРАҚТАУ** *Тарақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАҚША** зат. малшар. *Қой тоғытуға арналған тарақ тәрізді құрал.*

**ТАРАҚШӨП** зат. өс. *Қырыққұлақтың бір туысы.*

**ТАРАЛ**[1]**=** ет. **1.** *Өркен жаю, молынан көктеу, өсу.* **2.** *Жайылу, етек алу.* **3.** ауыс. *Сіңірілу.*

**ТАРАЛ**[2]**=** ет. *Тарақпен жазылу.*

**ТАРАЛ**[3]**=** ет. *Ұзару, сұңғақтану, айқындалу.*

**ТАРАЛҒЫ**[1] зат. этн. *Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бау.*

**Таралғысын тартты**. *Ұрысқа, жүріске қамданды.*

**ТАРАЛҒЫ**[2] зат. жерг. *Тарту, сыйлық.*

**ТАРАЛҒЫ**$^{3}$ сын. *Арық, жұқалтаң.*

**ТАРАЛҒЫДАЙ** сын. *Таралғы сияқты, таралғы тәрізді.*

**Таралғыдай тартылды**. *Пысыды, ысылды, жинақыланды.*

**ТАРАЛҒЫЛЫ** сын. *Таралғысы бар.*

**ТАРАЛҒЫ-ТАРТУ** зат. сөйл. ***Тарту-таралғы.***

**ТАРАЛУ** *Тарал*$^{1}$ *етістігінің қимыл атауы; жайылу.*

**Таралу аймағы.** *Қайсыбір құбылыс тараған атырап.* **Таралу аясы.** а) кен. *Пайдалы қазба кен орындарының маңындағы кенді денелерді қамтыған таужыныстарындағы химиялық элементтер құрамының көптігімен сипатталатын аймақ.* ә) экол. *Ластағыш заттардың көптігі, таралу аймағы.*

**ТАРАЛЫМ** зат. *Таралу мөлшері.*

**ТАРАМ** зат. *Сала, тармақ, бөлек.*

**ТАРАМДА=** ет. *Тарам-тарам етіп бөлу, салалау.*

**ТАРАМДАЛ=** ет. *Тарам-тарам болып бөліну, тармақталу.*

**ТАРАМДАЛУ** *Тарамдал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАМДАН=** ет. **1.** *Салалану, тармақталу.* **2.** *Бөліну, оқшаулану.* **3.** *Топ-топ болу.*

**ТАРАМДАНУ** *Тарамдан етістігінің қимыл атауы; бөліну.*

**ТАРАМДАТ=** ет. *Сорғалату, тамшылату.*

**ТАРАМДАТУ** *Тарамдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАМДАУ** *Тарамда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАМДЫ** сын. *Тармақты, салалы.*

**ТАРАМ-ТАРАМ** сын. *Тарамдалған, сала-сала.*

**Тарам-тарам жас ақты.** *Көз жасын моншақ-моншақ етіп төкті.* **Тарам-тарам қылды.** *Бөлшектеді, тарамдады, бөлектеді.*

**ТАРАМЫС** зат. **1.** анат. *Бұлшық еттерді сүйектерге байланыстырып тұратын созылмалы, мықты талшық.* **2.** кәс. *Малдың жіліншік сіңірлерін кептіріп, соның талшықтарынан ширатқан, етік және тағы басқа нәрсе тігетін мықты жіп.* **3.** ауыс. *Жүдеу, арық; тырысқақ, төзімді.*

**Тарамыс денелі.** *Артық еті жоқ, төзімді.* **Тарамысына ілінді.** *Қатты жүдеді, құр сүлдері қалды.*

**ТАРАМЫСТА=** ет. *Тарамыстан жасалған жіппен тігу.*

**ТАРАМЫСТАЙ** сын. *Тарамыс сияқты, тарамыс тәрізді.*

**ТАРАМЫСТАН=** ет. *Еті қашу, сіңірлену, тарылу.*

**ТАРАМЫСТАНУ** *Тарамыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАМЫСТАУ** сын. *Арықтау, жүдеулеу.*

**ТАРАМЫСТЫ** сын. *Сіңірлі; арық, сидиған.*

**ТАРАМЫШТА=** ет. *Қайта-қайта тарау, тарақтау, көп тарау.*

**ТАРАМЫШТАУ** *Тарамышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАН** зат. әск. *Кеменің нығайтылған су асты бөлігі.*

**ТАРАН**$^{1}$**=** ет. *Сылану, сипану, түрлену.*

**ТАРАН**$^{2}$**=** ет. әск. *Ұшақтың фюзеляжымен, қанатымен қарсыластың ұшағына соққы беру; танк корпусымен (ауыр танк) қарсыластың танкісіне және басқа сауытты машиналарына, сондай-ақ кеме тұмсығымен қарсыластың кемесіне (сүңгуір қайығына) соққы беру.*

**ТАРАН** зат. жерг. *Егін.*

**ТАРАНДАЗ** зат. ескікіт. *Мерген.*

**ТАРАНТАС** зат. *Төрт дөңгелекті, көбінесе үсті жабық болып жасалған жақтаулы арба.*

**ТАРАНУ** *Таран етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шашын тарау.* **2.** ауыс. *Сәндену, түрлену.*

**ТАРАНШЫ** зат. *Ұйғыр халқының егіншілікпен айналысатын бір бөлігі.*

**ТАРАҢ** сын. сөйл. **1.** *Тар, енсіз.* **2.** *Аз, тығыз.* **3.** *Сараң.* **4.** *Қиын-қыстау, қысталаң, жоқшылық.*

**ТАРАҢДАУ** сын. *Ықшамдау, кішілеу.*

**ТАРАҢДЫҚ** зат. **1.** *Таршылық.* **2.** *Аздық, тапшылық.* **3.** *Іштарлық.*

**ТАРАП** [ар. طرف] зат. **1.** *Белгілі бір тұс, жақ. // Бөлек, түрлі.* **2.** *Жақтас, мүдделес адам, адамдар тобы.*

**ТАРАПТЫ**$^{1}$ шыл. *Жөнінде, туралы.*

**ТАРАПТЫ**$^{2}$: **әр тарапты**. а) *Сан салалы, жанжақты.* ә) *Әртүрлі, сан алуан.*

**ТАРАС**$^{1}$**=** ет. *Жан-жаққа, бөлек-бөлек, бет-бетімен кетісу.*

**ТАРАС**$^{2}$**=** ет. *Тарақпен шаштарын (сақалдарын) жазысу.*

**ТАРАСУ**$^{1}$ *Тарас*$^{1}$ *етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАСУ**$^{2}$ *Тарас*$^{2}$ *етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАТ**$^{1}$**=** ет. **1.** *Халық арасына жайдырту, жеткізу.* **2.** *Таркату, қайтару.* **3.** *Үлестіру, бөлгізу.* **4.** ауыс. *Жүйелеу, жіктеу.*

**ТАРАТ**$^{2}$**=** ет. *Тараткызу, сүзілдіру.*

**ТАРАТҚЫЗ=** ет. *Тараттыру, хабарлатқызу.*

**ТАРАТҚЫЗУ** *Таратқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАТҚЫШ** зат. **1.** *Нәрсені, затты таратып тұратын құрал.* **2.** тех. *Мәшинелерде қозғалтқыштардағы электр энергиясын, буды, газды беру, жіберуді реттеу аспабы немесе механизмі.*

**ТАРАТТЫР=** ет. **1.** *Таратқызу, қайтару.* **2.** *Үлестіру, бөліп бергізу.*

**ТАРАТТЫРУ** *Тараттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАТУ**$^{1}$ *Тарат*$^{1}$ *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Халық арасына жайдырту, жеткізу.* **2.** *Үлестіру, тарқату.* **3.** экон. *Кәсіпорын (мекеме, фирма, т.б.) қызметін тоқтатуы.*

**Тарату балансы**. экон. *Субъектінің заңды тұлға ретіндегі қызметі тоқтатылған күнгі мүліктік жағдайын сипаттайтын есептемелік баланс.* **Тарату дивиденді.** экон. *Серіктестік таратылған жағдайда несие берушінің талаптарын төлегеннен кейін бөлінетін табыс.* **Тарату комиссиясы**. экон. *Таратылуға тиіс заңды тұлғаны уақытша басқару органы.*

**ТАРАТУ**$^{2}$ *Тарат*$^{2}$ *етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАТУШЫ** зат. *Бір нәрсені жаюшы, уағыздаушы.*

**ТАРАТУШЫЛЫҚ** зат. *Жаюшылық, таратқандық.*

**ТАРАТЫЛ=** ет. **1.** *Үлестірілу, берілу.* **2.** *Жайылу, енгізілу.* **3.** *Тарқатылу, босау.*

**ТАРАТЫЛУ** *Таратыл етістігінің қимыл атауы; насихатталу, жайылу.*

**ТАРАТЫС=** ет. *Таратуға жәрдемдесу, көмектесу.*

**ТАРАТЫСУ** *Таратыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАУ** зат. **1.** *Кітаптың, журналдың және тағы басқалардың бөлімі, тармағы.* **2.** *Сала, тарап, тұс.*

**ТАРАУ** *Тара етістігінің қимыл атауы; аяқталу, біту, сейілу.*

**ТАРАУЛА=** ет. *Тарауға бөлу, салалау.*

**ТАРАУЛАН=** ет. **1.** *Тарау-тарау болу.* **2.** *Тарам-тарам бөліну, салалану.* **3.** *Түрлену, әр алуан болу.*

**ТАРАУЛАНУ** *Тараулан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАУЛАУ** *Тараула етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАУЛЫ** сын. *Салалы, бөлімді.*

**ТАРАУ-ТАРАУ** сын. *Сала-сала, бөлек-бөлек.*

**Тарау-тарау етті.** *Сала-сала етіп жіктеді, бөлшектеді.*

**ТАРАУ-ТАРМАҚ** зат. *Сала, айрық.*

**ТАРАУЫҚ** [ар. تراويح] зат. діни. *Ораза айында кешкі ауызашардан кейін оқылатын намаз.*

**ТАРАУЫТ** сын. ескікіт. **1.** *Тығыз, тар;* **2.** *Қараңғы, түнек*

**ТАРАШ** зат. жерг. *Арық жиегіндегі кедір-бұдыр, тегістелмеген жер.*

**ТАРАША** зат. жерг. *Самауырынға лайықтап кесілген ағаш.*

**ТАРАШТА**$^{1}$**=** ет. **1.** *Қайта-қайта тарау, көп тарау.* **2.** *Аудың арасын ашып, жазып жаю; ау жібінің арасын ашып тарақтау.*

**ТАРАШТА**$^{2}$**=** ет. *Қол саусақтарын айқастыру, салалау.*

**ТАРАШТАЛ=** ет. *Аудың арасы ашылып, жазылу, тарақталу.*

**ТАРАШТАЛУ** *Тараштал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАШТАН=** ет. *Әдемілену, сәндену; тыраштану.*

**ТАРАШТАУ** *Тарашта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРАЮ** *Тарай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАҒАН** зат. зоол. **1.** *Суыр.* **2.** жерг. *Балпақ.*

**ТАРБАЙ=** ет. *Тарбию, арбию, жайылу.*

**ТАРБАЙТ =** ет. *Тарбиту, арбиту.*

**ТАРБАЙЫС** зат. *Жанжал, реніш.*

**ТАРБАЙТУ** *Тарбайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАЙЫС=** ет. *Ренжісу, өкпелесу.*

**ТАРБАҚ**$^{1}$ зат. жерг. *Ердің қасына салатын күмістелген тұяқ темір.*

**ТАРБАҚ**$^{2}$ сын. **1.** *Тарбиған, талпақ.* **2.** *Қалқиған, қалқан.*

**ТАРБАҚ** зат. өс. *Таспаның (таспашөптің) бір түрі; тарбақ таспа.*

**ТАРБАҚА** зат. зоол. <лат. pelobates fuscus> *Құйрықсыздар отряды тарбақа тұқымдасына жататын қосмекенділер өкілі.*

**ТАРБАҚТА=** ет. *Аяқтарын жан-жаққа жайып жүру, тарбаң-тарбаң ету.*

**ТАРБАҚАЙ** зат. өс. <лат. rhaphidophyton> *Алаботалар тұқымдасына жататын өсімдік (бұта).*

**ТАРБАҚТАУ**$^{1}$ сын. *Тарбиғандау, талпақтау.*

**ТАРБАҚТАУ**$^{2}$ *Тарбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАҢ** елік. *Тарбаң-тарбаң еткен, қолапайсыз қимылды бейнелейтін сөз.*

**ТАРБАҢДА=** ет. *Қол-аяқтарын тарбитып жүру, тарбаң-тарбаң ету.*

**ТАРБАҢДАТ=** ет. *Аяқтарын, қолдарын тарбаң-тарбаң еткізу.*

**ТАРБАҢДАТУ** *Тарбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАҢДАУ** *Тарбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАЮ** *Тарбай етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБАЯҚТА=** ет. сөйл. ***Тарбаңда.***

**ТАРБЕЙІМДІ** сын. *Бір ғана кәсіппен айналысатын.*

**ТАРБИ=** ет. *Арбию, жарбию, тарбаю.*

**ТАРБИТ=** ет. *Қолдарын, аяқтарын тарбайту.*

**ТАРБИТУ** *Тарбит етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБИЫС=** ет. *Тарбиып-тарбиып тұрысу.*

**ТАРБИЫСУ** *Тарбиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРБИЮ** *Тарби етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҒАҚ**[1] з а т. з о о л. *Дала мен шөлейтті жерлерде өсетін, сұрғылт шұбарала түсті ұзын тұмсықты, жіңішке аяқты құс.*

**ТАРҒАҚ**[2] з а т. өс. *Шөлейтте өсетін, астық тұқымдас шөп.*

**ТАРҒАҚ**[3] с ы н. *Секпіл, шұбар, қара дақ басқан (түс).*

**ТАРҒАЯҚТА=** ет. *Тарпаңдау, тапырақтау.*

**ТАРҒАЯҚТАУ** *Тарғаяқта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҒЫЛ** с ы н. *Теңбіл, шұбар (түс).*

**Тарғыл жуа**. өс. *Жабайы пияз түрі.*

**ТАРҒЫЛДАН=** е т. **1.** *Тарғыл тарту, таңдақтану.* **2.** а у ы с. *Дауыстың барқырап, қырылдап шығуы, қарлығу.*

**ТАРҒЫЛДАНДЫР=** е т. **1.** *Тарғыл түске (үнге) айналдыру.* **2.** а у ы с. *Жаралау, дақ салдыру.*

**ТАРҒЫЛДАНДЫРУ** *Тарғылдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҒЫЛДАНУ** *Тарғылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҒЫЛДАНЫҢҚЫРА=** е т. *Аздап қарлығу, барлығу.*

**ТАРҒЫЛДАНЫҢҚЫРАУ** *Тарғылданыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҒЫЛДАУ** с ы н. **1.** *Тарғыл түстілеу, теңбілдеу.* **2.** а у ы с. *Қырылдаған, қарлығыңқы.*

**ТАРҒЫЛДЫҚ** з а т. *Тарғыл түстілік, теңбілдік.*

**ТАРҒЫЛТ** с ы н. **1.** *Тарғыл, тарғылданған.* **2.** а у ы с. *Тарғылдау; қарлыққан.*

**ТАРҒЫЛТТАН=** е т. **1.** *Тарғыл тарту, тарғылдану.* **2.** а у ы с. *Қарлығу, барлығу.*

**ТАРҒЫЛТТАНУ** *Тарғылттан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түстің тарғылт тартуы.* **2.** *Үннің қарлығып естілуі.*

**ТАРҒЫН** з а т. өс. *Таулы жердің шөбі.*

**ТАРЕЛКА** з а т. с ө й л. ***Тәрелке.***

**ТАРИҚАТ** [ар. طریقت] з а т. д і н и. *Дүниені тәрке ету, сопы болу ғұрпы.*

**ТАРИФ** [франц. tarif] з а т. э к о н. **1.** *Төлеу, алым алу мөлшерінің ресми белгіленген көрсеткіші.* **2.** *Еңбекақы мөлшерінің көрсеткіші, жұмыстың әр түріне белгіленген баға.* **3.** *Коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсетуші мемлекеттік мекемелердің фирмаларға және халыққа көрсететін түрлі қызметтері үшін ақы төлеу мөлшерлемелерінің жүйесі.*

**ТАРИФИКАЦИЯ** [франц. tarification] з а т. э к о н. *Тарифті анықтау, әртүрлі жұмыстардың дәрежеге бөлінуін белгілеу ісі.*

**ТАРИФИКАЦИЯЛА=** е т. *Тарификацияісін істеу.*

**ТАРИФИКАЦИЯЛАУ** *Тарификацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРИФИКАЦИЯЛЫҚ** с ы н. *Тарификацияға қатысты, соған тән.*

**ТАРИФТЕ=** е т. э к о н. *Төленетін не алынатын ақының бағасын мөлшерлеу, белгілеу.*

**ТАРИФТЕЛ=** е т. *Тарифтеу ісінің жүзеге асырылуы.*

**ТАРИФТЕЛУ** *Тарифтел етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРИФТЕУ** *Тарифте етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРИФТІК** с ы н. *Тарифке байланысты, соған қатысты.*

**Тарифтік жүйе.** э к о н. *Қызметкерлердің жалақысын олардың біліктілігіне, еңбек жағдайы мен қарқындылығына, еңбекке ақы төлеу нысанына қарай саралауда қолданылатын нормативтер жиынтығы.* **Тарифтік кедергі.** э к о н. *Кеден салығының жоғары деңгейін қолдану арқылы елге әкелінетін тауарлар импортының кедергісін шектеу шарасы.* **Тарифтік коэффициент.** э к о н. *Бірінші разрядтық тарифтік мөлшерлеме мен одан кейінгі разрядтық тарифтік мөлшерлеме арасындағы арасалмақты сипаттайтын біріңғай тарифтік тордың элементі.* **Тарифтік мөлшерлеме.** э к о н. *Жұмыс уақытының бір өлшемі (сағат, күн, ай) үшін есептелетін еңбекақы мөлшері.* **Тарифтік тор.** э к о н. *Еңбекке ақы төлеу мөлшерлемесінің, тарифтік коэффициенттердің жиынтығы.*

**ТАРИХ** [ар. تاریخ] з а т. **1.** *Ақиқат, шындық өмірдің, қоғамның немесе басқа бір заттың шығу, өсу, даму жағдайы.* **2.** п е д. *Қоғамның даму барысы туралы ғылыми пән.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің жай-жапсары туралы жүйелі, ұзақ әңгіме.*

**Тарих доңғалағы.** *Тарихтың даму жолы, беталысы.* **Тарихқа енді.** *Тарихи оқиғаның санатына кірді, өшпес, елеулі іс деп есептелді.* **Тарихы ашылды.** *Тарихы басталды, тарихтың алғашқы оқиғасы болды.*

**ТАРИХА** [ар. طریقة] з а т. е с к і к і т. *Мүмкіндік; себеп.*

**ТАРИХАТ** з а т. е с к і к і т. ***Тариқат.***

**ТАРИХАТ** з а т. д і н и. *Дүниеден безу, алла жолына түсу.*

**ТАРИХИ** [ар. تاریخی] с ы н. **1.** *Тарихқа байланысты, соған қатысты, тарихты баяндайтын.* **2.** а у ы с. *Ерекше маңызды, мәнді.*

**Тарихи грамматика.** л и н г в. *Тілдің грамматикалық құрылысының қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы.* **Тарихи диалектология.** л и н г в. *Жазба ескерткіштердегі және этнографиялық т.б. тарихи мәліметтерге сүйене отырып, диалектілердің даму сипатын, қалыптасу тарихын ашуды мақсат ететін диалектология саласы.* **Тарихи кезең.** *Ел, мемлекет дамуындағы ерекше маңызы бар уақыт аралығы.* **Тарихи күн.** *Елдің, мемлекеттің тарихындағы, өміріндегі ерекше айтулы күн.* **Тарихи күн.** э к о н. *Мемлекеттің белгілі бір келісімшарттық аумақты барлауға, онда ашылған кеніштерді абаттандыруға байланысты және осы кеніштерді кез келген мердігердің (инвестордың) пайдалануы кезінде өтелуге тиісті өткендегі шығындары.* **Тарихи Отан.** *Белгілі бір ұлттың ежелден келе жатқан атамекені, қоныс тепкен орны.* **Тарихи фактор.** *Қазіргі әсерінің сипаты адамзаттың дамуы барысында, оның табиғи ортамен әрекеттестігі барысында анықталған фактор.*

**ТАРИХНАМА** [ар. ир. تاریخ نامه] з а т. *Тарихи білімнің дамуы туралы және тарихи деректер жөніндегі ғылым.*

**ТАРИХНАМАЛЫҚ** с ы н. *Тарихқа қатысты, тарихын қамтитын.*

**ТАРИХТА** = е т. *Бастан-аяқ түгел баяндау, бұрынғы-соңғыны қалдырмай, бүге-шігесіне дейін айту.*

**ТАРИХТЫҚ** с ы н. *Тарихқа байланысты, тарихи.*

**ТАРИХТЫЛЫҚ** з а т. *Тарихқа қатыстылық, тарихилық.*

**ТАРИХШЫ** з а т. **1.** *Тарихи оқиғаларды жазушы, тарих зерттеушісі.* **2.** *Тарих пәнінің мұғалімі.*

**ТАРИХШЫЛДЫҚ** з а т. *Заттар мен құбылыстарға тарихи тұрғыдан қарау, зерттеу.*

**ТАРҚА=** е т. *Бөлініп-бөлініп жан-жаққа тарап кету, ыдырау, бытырау.*

**ТАРҚАҚ** с ы н. ж е р г. *Қатты, аяусыз.*

**ТАРҚАҚТЫҚ** з а т. *Қаттылық, рақымсыздық.*

**ТАРҚАЛ=** е т. **1.** *Таралу, тарқатылу.* **2.** *Тарамдалу, тармақталу.*

**ТАРҚАЛУ** *Тарқал етістігінің қимыл атауы; Тарқап кету.*

**ТАРҚАН** з а т. ***Тархан.***

**ТАРҚАС=** е т. *Тарасу, қайту.*

**ТАРҚАСУ** *Тарқас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҚАТ=** е т. **1.** *Өрілген, түйілген шашты босатып жаю.* **2.** *Тарату, қайтару.* **3.** а у ы с. *Көпті алдынан өткізу, ақыл айту.* **4.** а у ы с. *Сейілту, сергіту.*

**ТАРҚАТТЫР=** е т. *Тарқатқызу, жайдыру.*

**ТАРҚАТТЫРУ** *Тарқаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҚАТУ** *Тарқат етістігінің қимыл атауы; шешу, ретін, шешімін табу.*

**ТАРҚАТЫЛ=** е т. *Тарқалу, босау, жайылу.*

Тарқатылған жіптей. *Әбден босады, құр сүлдері қалды.*

**ТАРҚАТЫЛУ** *Тарқатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҚАТЫС=** е т. *Таратысу, шешісу.*

**ТАРҚАТЫСУ** *Тарқатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҚАУ** *Тарқа етістігінің қимыл атауы; тарау.*

**ТАРҚ-ТАРҚ** е л і к. *Өрескел түрде тарқылдаған дыбысты білдіретін сөз.*

**ТАРҚЫ** з а т. ***Тарих.***

**ТАРҚЫЛ** з а т. *Өрескел шыққан дыбыс; күлкі.*

**ТАРҚЫЛДА=** е т. *Тарқ-тарқ ету.*

**ТАРҚЫЛДАҚ**[1] з а т. *Өзен-көл жағасында жүретін құстың бір түрі.*

**ТАРҚЫЛДАҚ**[2] с ы н. *Тұрпайы, өрескел күлетін, дарақы.*

**ТАРҚЫЛДАТ=** е т. *Тарқ-тарқ еткізу.*

**ТАРҚЫЛДАТУ** *Тарқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРҚЫЛДАУ** <лат. andropogon> *Тарқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЛА** з а т. ө с. *Бозшағылдың бір түрі; қантияр бозшағыл, қантияр.*

**ТАРЛАН**[1] з а т. **1.** *Тарғыл, шұбар түсті тау бүркіті.* **2.** а у ы с. *Тәжірибелі, майталман, өз ісінің шебері.*

**ТАРЛАН**[2] с ы н. *Тарғыл, шұбар секілді аралас түс.*

**Тарлан ат.** *Сенімді, белі мықты мініс аты.* **Тарлан боз.** а) *Тарғыл, шұбар араласқан боз.* ә) *Көпті көрген, тәжірибелі, майталман.* **Тарлан тартты**. *Егде тартты, жасы келді.*

**ТАРЛАН**[3] з а т. ө с. *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТАРЛАНДА=** е т. *Әлемiштеу, ала-құла ету.*

**ТАРЛАНДАН=** е т. *Тарлан тарту, қартаю.*

**ТАРЛАНДЫҚ** з а т. *Көпті көрген тәжірибелілік, майталмандық.*

**ТАРЛАУ**[1] з а т. *Биіктеу болып шығатын шалғын шөп.*

**ТАРЛАУ**[2] с ы н. *Тарырақ, кең емес.*

**ТАРЛАУЫТ** з а т. ө с. с ө й л. ***Тарлау.***

**ТАРЛЫҚ** з а т. **1.** *Кішіректік, қысыңқылық.* **2.** а у ы с. *Тұрмыстың ауырлығы; тапшылық.*

**Тарлық жасады [қылды, етті].** а) *Тар болды, сыймады.* ә) *Іштарлық көрсетті, қызғанды.*

**ТАРМА** з а т. *Егістік жер.*

**ТАРМАҚ**[1] з а т. **1.** *Өсімдіктің сабағы.* **2.** *Бір нәрсенің, заттың тарауы, саласы, бөлегі.* **3.** ә д е б. *Өлең ырғағының негізгі бөлшегі, буын саны тұрақты келетін өлең жолы.* **4.** з а ң. *Бап, тарау.* **5.** и н ф. <ағыл. subtree> *Құрамына каталог және оның барлық ішкі каталогтары кіретін каталогтар бұтағының бөлшегі.*

**ТАРМАҚ**[2] з а т. ж е р г. **1.** *Тырма, тырнауыш.* **2.** ж е р г. *Айыр.*

**ТАРМАҚ**[3] з а т. с у ш а р. **1.** *Екі суқоймаңы (өзен мен көлді, екі көлді және т.б.) жалғастыратын кішігірім өзен.* **2.** *Өзеннің бірнеше арнаға бөлінгенде пайда болатын шағын арнасы.*

**ТАРМАҚТА=** е т. **1.** *Тармақ-тармақ етіп бөлу.* **2.** а у ы с. *Жіктеу, таратып айту.*

**ТАРМАҚТАЛ=** е т. **1.** *Бөліну, салалану, таралу.* **2.** *Жіктелу, таратып айтылу.*

**ТАРМАҚТАЛУ** *Тармақтал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Салалану, жіктелу.* **2.** ә д е б. *Тармақтарға бөліну.* **3.** и н ф. <ағыл. branching,

fork> *Бағдарламадағы бірнеше команда тізбектерінің – тармақтардың біреуін берілген шарт бойынша таңдау.*

**ТАРМАҚТАН**= ет. **1.** *Тармақ-тармақ болып бөліну.* **2.** *Салалану, жіктелу.*

**ТАРМАҚТАНУ** *Тармақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРМАҚ-ТАРМАҚ** зат. *Көп салалы, тарау-тарау.*

**ТАРМАҚТАУ** *Тармақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРМАҚТЫ** сын. *Тармақталған, тарамдалған.*

**ТАРМАҚША** зат. заң. *Баптың тармақтан кіші бөлімі.*

**ТАРМАҚШӨП** зат. өс. *Бұтақтанып, тармақтанып өсетіндігіне қарай салалышөп кейде осылай да аталынады.*

**ТАРМАС=** ет. **1.** *Жақындасу, таяу.* **2.** *Жанасу, жармасу.*

**ТАРНА** зат. **1.** өс. *Шаршыгүлділер тұқымдастарына жататын қырыққабат туыстас екі жылдық шөптесін өсімдік.* **2.** тамақ. <лат. brassica napus rapifera> *Мал азығы және азықтық дақыл; тамырлы жеміс.*

**ТАРНАУ[1]** зат. <лат. agua – су, duco – алып жүремін> **1.** *Тұтынушыларға олардан жоғары орналасқан су көзінен су беруші сутартқыш (канал, құбыр).* **2.** *Ағынсу, аңғар, шатқал, жыра, жол, көше үстінен асыра су беру үшін салынған науа (астау) немесе құбырды ұстап тұрған көпір түріндегі сутартқыштың бір бөлігі.*

**ТАРНАУ[2]** сын. *Арналы, берекелі.*

**ТАРПА: тарпа бас салды**. а) *Шап беріп ұстап алды.* ә) *Дүрсе қоя берді, ұрыса жөнелді.* б) *Шабуыл жасады.*

**ТАРПАЙЫС=** ет. *Тарпайып-тарпайып қимылдасу.*

**ТАРПАЙЫСУ** *Тарпайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПАҚ-ТЕЛІ** сын. жерг. *Телі-тентек.*

**ТАРПАН** зат. биол. *Жылқылар туысына жататын, жойылып кеткен жабайы жылқы.*

**ТАРПАҢ** сын. **1.** *Бас білмейтін, үйретілмеген, асау (жылқы).* **2.** *Тапырақтаған, жайсыз (жүріс).* **3.** ауыс. *Шәлкес, тағы, оқыс (мінез).*

**Тарпаң тайдай қылтылдап.** *Асау тайдай бұлт еткіш мінез туралы айтылады.*

**ТАРПАҢДА=** ет. *Тарпаң-тарпаң басу, тапырақтау.*

**ТАРПАҢДАЙ** сын. *Тарпаң сияқты, тарпаң тәрізді.*

**ТАРПАҢДАУ[1]** *Тарпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПАҢДАУ[2]** сын. **1.** *Үйретілмеген, асаулау.* **2.** ауыс. *Мінезі шәлкес, тентектеу.*

**ТАРПАҢДЫҚ** зат. *Асаулық, шайпаулық.*

**ТАРПАҢСЫ**= ет. *Шайпау, тентектік мінез көрсету.*

**ТАРПАҢ-ТҰРПАҢ** елік. *Тасыр-тұсыр, тапыр-тұпыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ТАРПАҢ-ТҰРПАҢСЫЗ** сын. *Тарпаң-тұрпаңы жоқ, биязы, сыпайы.*

**ТАРП-ТАРП** елік. *Аяқ басқанда дыбыстың қатты естілуін білдіретін сөз.*

**ТАРП-ТҰРП** елік. *Тарп-тарп, тарс-тұрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ТАРПУ** *Тарпы етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПЫ** зат. жерг. *Орны, ұзігі, сұлбасы.*

**ТАРПЫ=** ет. *Малдың алдыңғы екі аяғымен жерді не басқа бір затты соғуы, ұруы.*

**ТАРПЫЛ** зат. *Тарп-тарп еткен жүріс.*

**ТАРПЫЛДА=** ет. *Тарп-тарп етіп жүру.*

**ТАРПЫЛДАТ=** ет. *Аяғын сүйретіп басу, тарп-тарп еткізіп жүру.*

**ТАРПЫЛДАТУ** *Тарпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПЫЛДАУ** *Тарпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПЫН=** ет. *Жер тарпу.*

**ТАРПЫНУ** *Тарпын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПЫС**= ет. *Бірге, қатар тарпу.*

**ТАРПЫСУ** *Тарпыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРПЫТ**= ет. *Атқа жер тарпытқызу.*

**ТАРПЫТУ** *Тарпыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРС**: **тарс етті**. *Дыбыстың, үннің қатты шығуы.*

**ТАРС: тарс есінен шықты.** сөйл. *Мүлде ұмытты.*

**ТАРСА** үст. *Мүлде, тіпті.*

**ТАРС-КҮРС** елік. *Тарсылдаған, күрсілдеген дыбысты білдіретін сөз.*

**ТАРС-ТАРС** елік. *Жиі шыққан қатты дыбысты білдіретін сөз.*

**ТАРС-ТҰРС** елік. *Сарт-сұрт еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ТАРСЫЛ** зат. *Тарсылдаған, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.*

**ТАРСЫЛ-ГҮРСІЛ** зат. *Тарсылдаған-гүрсілдеген, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.*

**ТАРСЫЛ-ГҮРСІЛСІЗ** сын. *Тарсыл-гүрсілі жоқ, тыныш.*

**ТАРСЫЛДА=** ет. *Тарсылдаған дыбыс шығару, тарс-тұрс ету.*

**ТАРСЫЛДАТ**= ет. *Тарс-тұрс еткізу.*

**ТАРСЫЛДАТУ** *Тарсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРСЫЛДАУ** *Тарсылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРСЫЛ-КҮРСІЛ** зат. сөйл. *Тарс-гүрс еткен дыбыс.*

**ТАРСЫЛ-ТҰРСЫЛ** зат. *Тарс-тұрс еткен дыбыс, дүрсіл.*

**ТАРСЫН=** ет. *Тар көру, тар деп есептеу.*

**ТАРСЫНУ** *Тарсын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТ=** ет. **1.** *Бір затты өзіне қарай жұлқу, сүйреу, жылжыту.* **2.** *Тасу, жеткізу.* **3.** *Орау, байлау.* **4.** *Жапсыру, таңу.* **5.** *Керу, ұстату.* **6.** *Ұн қылу, ұгу, майдалау.* **7.** *Бір заттың салмағын анықтау, кіреге салу, өлшеу.* **8.** *Еркек малды піштіру, ақтау.* **9.** *Ішу, сіміру.* **10.** *Жүріп кету, аттану, жөнелу.* **11.** сөйл. *Суретке, фотоға түсіру.* **12.** ауыс. *Бал салу.* **13.** *Музыкалық аспапта ойнау, шерту.* **14.** ауыс. *Туыс адамдардың түр-кескін, мінез-құлық және т.б. қасиеттер жағынан бір-біріне ұқсауы, үйлесіп келуі.* **15.** ауыс. *Бір затты біреуге сыйлап беру, ұсыну, арнау.* **16.** ауыс. *Адамды қызықтыру, ынтықтыру.* **17.** ауыс. *Үгіттеу, келтіру, кіргізу.* **18.** *Төлеу.* **19.** ауыс. *Түзу, шыдау, көну.* **20.** ауыс. *Бейімделу, икемделу, ыңғайлану.*

**Тартқан сымдай.** бейн. *Әдемі, көркем.* **Тартқан сымдай болды.** *Тып-тұзу болды.* **Тартылған какао.** тамақ. *Қуырылған және какао-велласынан тазартылған какао дәндерін тарту кезінде алынатын қоймалжың сұйық масса.* **Тартып алды**. *Бір нәрсені зорлықпен алды, күшпен қолға түсірді.* **Тартып жіберді [тартып кеп қалды].** *Ұрып жіберді, салып қалды.* **Тартып отырды.** *Ұзап шықты, кетіп қалды.*

**ТАРТА** шыл. *Барыс жалғаулы есім сөздермен тіркесіп келіп, мөлшерді білдіретін септеулік шылау.*

**ТАРТАР[1]** зат. зоол. <лат. crex crex> *Түсі қоңырша келген кішкентай құс.*

**ТАРТАР[2]** зат. өс. <лат. plantago> *Жапырақты шөптің бір түрі.*

**ТАРТАР[3]** зат. жерг. *Қабығы жұқа, ұзынша келген, жолақ түсті қауын.*

**ТАРТАРЛЫҚ: көз тартарлық**. *Көңіл бөлерлік, қызықтырарлық.*

**ТАРТҚАНСУ** *Тартқансы етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТҚАНСЫ=** ет. *Тартқан болу, тартқан қалып білдіру.*

**ТАРТҚЫЗ=** ет. **1.** *Жылжытқызу, сүйреткізу.* **2.** *Ұн қылдыру, ұккізу, диірменнен өткізу.* **3.** *Музыкалық аспапты ойнатқызу, шерткізу.* **4.** *Бергізу, салғызу.*

**ТАРТҚЫЗУ** *Тартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТҚЫЛА=** ет. *Қайта-қайта тарту, тарта түсу.*

**ТАРТҚЫЛАН=** ет. *Жиі тартылу.*

**ТАРТҚЫЛАНУ** *Тартқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТҚЫЛАҢҚЫРА=** ет. *Тартқылай түсу, тартқылай беру.*

**ТАРТҚЫЛАТ=** ет. *Қайта-қайта тартқызу.*

**ТАРТҚЫЛАТУ** *Тартқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТҚЫЛАУ** *Тартқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТҚЫШ[1]** зат. тех. *Бір затты тартатын құрал.*

**ТАРТҚЫШ[2]** зат. кәс. жерг. **1.** *Құрма аудың қадасын бекітетін арқан.* **2.** *Соқаны тартып қоятын арқан.*

**ТАРТҚЫШ[3]** сын. *Тарта алатын, тарту қабілеті бар, тартымпаз.*

**ТАРТҚЫШТА=** ет. *Қайта-қайта тарту, тарта беру.*

**ТАРТҚЫШТАУ** *Тартқышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТПА[1]** зат. этн. **1**. *Ер-тоқымның үстіне бастырып, аттың бауырынан өткізіп байлайтын қайыс бау.* **2.** *Жас баланы бесікке бөлегенде байлайтын жалпақ бау, тартпабау.*

**ТАРТПА[2]** зат. *Үстелдің суырма жәшігі.*

**ТАРТПА[3]** зат. саят. *Аңға салатын, саят құстарын қайырғанда шынықтыру, шырату үшін берілетін ет.*

**ТАРТПА[4]** зат. кәс. *Бір басында ілмегі бар, шөп суыратын ағаш.*

**ТАРТПА[5]** зат. *Тартып кететін батпақты сор.*

**ТАРТПА[6]** зат. жерг. *Қолшалғы.*

**ТАРТПА[7]** зат. жерг. егіншар. *Шығырдың әуітіне су жіберетін канал.*

**ТАРТПАБАУ** зат. этн. **1.** *Бесіктегі жөргек, жаялықты ту сыртынан байлайтын бау; таңғыш.* **2.** *Бір нәрсені керіп, іліп қою үшін әртүрлі материалдан жасалатын, әдетте жалпақ болып келетін жіп.*

**ТАРТПАҚТА=** ет. *Кейін тарту, жұмысты кейінге қалдыру, шегіншектеу.*

**ТАРТПАҚТАУ** *Тартпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТПАҚЫ** сын. *Кейін тартатын, шегіншек.*

**ТАРТПАЛА=** ет. *Тартпаны тарту, тартпамен байлау.*

**ТАРТПАЛАУ** *Тартпала етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТПАЛЫ[1]** сын. *Тартпасы бар, тартып байланатын.*

**ТАРТПАЛЫ[2]** сын. *Суырмасы бар, суырма жәшікті.*

**ТАРТПАҢ** сын. *Кейінге тартқыш, тартыншақ, шегіншек.*

**ТАРТПАШЫ[1]** зат. *Тартпа жасаушы, тартпа дайындаушы.*

**ТАРТПАШЫ[2]** зат. жерг. *Пішенші.*

**ТАРТРАТТАР** зат. хим. *Шараптас қышқылының эфирлері мен тұздары.*

**ТАРТТЫР[1]=** ет. **1.** *Домбыра т.б. музыкалық аспаптарда ойнатқызу.* **2.** *Жем қылу.*

**ТАРТТЫР[2]=** ет. *Еркек малдың ен тамырын сыртынан қолмен үзіп жіберу.*

**ТАРТТЫРУ** *Тарттыр етістігінің қимыл атауы; тартқызу, жылжыту.*

**ТАРТТЫРЫЛ=** ет. *Еркек қозы-лақтың енінің үзілуі.*

**ТАРТТЫРЫЛУ** *Тарттырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТУ[1]** зат. *Біреуге арнап берілетін ерекше сый, арналған бағалы зат.* **Тарту етті.** *Сыйға берді.* **Тарту [тарту-таралғы] тартты.** *Бір затты біреуге*

*құрметтеп сыйлады; сый берді, сый-сияпат көрсетті.*

**ТАРТУ**[2] *Тарт етістігінің қимыл атауы; қаманың сыртынан қрық түтігін тартып қзетін тәсіл.*

**ТАРТУАРҚАН** зат. этн. *Көшкенде түйеге артқан жүкті қомға бекітіп байлайтын, сонымен бірге арба, шанаға тиелген жүкті бастырып байлайтын арқан.*

**ТАРТУАРҚАН** зат. этн. *Түйеге жүк артылған соң жүктің алды-артынан айналдырып, жылжымайтындай етіп таңып байлайтын арқан.*

**ТАРТУ-ТАРАЛҒЫ** зат. *Сыйлауға арналған зат, сый-сияпат.*

**ТАРТУШЫ** зат. этн. *Бәйгеге қосқан атты алдынан шығып қоса жарысып демеуші, оған жәрдемдесуші.*

**ТАРТЫЛ**[1]**=** ет. *Таразылану, өлшену.*

**ТАРТЫЛ**[2]**=** ет. *Қысқару, таусылу, біту, сарқылу.*

**ТАРТЫЛҒЫШ** сын. *Тартылуға бейім, тартылымпаз.*

**ТАРТЫЛУ** *Тартыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Су деңгейінің төмен түсіп азаюы, сарқылып құрғап қалуы.* **2.** ауыс. *Құрып біту, күйреу.*

**ТАРТЫЛЫМ** зат. физ. *Тарту күші, тарту қасиеті, тартылыс.*

**ТАРТЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Тартыла түсу, тартыла беру.*

**ТАРТЫЛЫҢҚЫРАУ** *Тартылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫЛЫС** зат. физ. *Тартылу, тартылым, тарту күші.*

**Тартылыс заңы**. физ. *Табиғатта болатын тартылу құбылысы.*

**ТАРТЫМ**[1] зат. *Өзіне адамды тартатын ерекше қасиет.*

**ТАРТЫМ**[2] зат. кәс. *Балықшылар ұстаған балығын өткізетін өзен (теңіз) жағасындағы арнаулы орын.*

**ТАРТЫМ**[3] зат. кәс. *Балық аулайтын аудың ұзындығын (көлемін) білдіретін өлшем.*

**ТАРТЫМ**[3]**: бір тартым**. *Бір шегуге жарайтын (темекі, шылым).* **Шылым тартым**. *Бір темекі тартатын уақыт мөлшері.*

**ТАРТЫМДЫ** сын. *Көңіл аударатын, қызықты.*

**ТАРТЫМДЫҚ** зат. сөйл. ***Тартымдылық.***

**ТАРТЫМДЫЛЫҚ** зат. *Қызықтырушылық, баурап алушылық.*

**ТАРТЫМПАЗ** сын. *Тартқыш, қызықтырғыш.*

**ТАРТЫН=** ет. **1.** *Артқа тарту, табандап жүрмей қою.* **2.** *Бас тарту.* **3.** ауыс. *Қаймығу, жалтару.*

**ТАРТЫНАҚТА=** ет. сөйл. *Тартыншақтау, шегіншектеу.*

**ТАРТЫНАРЛЫҚ** сын. *Бой сақтайтындай, бас тартып, жалтарарлық.*

**ТАРТЫНДЫР=** ет. *Тартынуға мәжбүрлеу.*

**ТАРТЫНДЫРУ** *Тартындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫНУ** *Тартын етістігінің қимыл атауы; бас тарту.*

**ТАРТЫНШАҚ** сын. **1.** *Жетекке жүрмейтін, көткеншек, шегіншек.* **2.** ауыс. *Жасқаншақ, именшек.*

**ТАРТЫНШАҚТА=** ет. *Кейін тарту, шегіншектеу, имену.*

**ТАРТЫНШАҚТАН=** ет. *Тартыну, кейін тарту, имену.*

**ТАРТЫНШАҚТАНУ** *Тартыншақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫНШАҚТАҢҚЫРА=** ет. *Тартыншақтай түсу, шегініңкіреу.*

**ТАРТЫНШАҚТАУ** *Тартыншақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫНШАҚТЫҚ** зат. *Кері тартушылық, шегіншектік; жасқаншақтық, именшектік.*

**ТАРТЫНЫС** зат. *Өзін-өзі ұстаушылық, тартыншақтық.*

**ТАРТЫҢҚЫ** сын. *Ішке қарай жабысқан, қабысыңқы.*

**ТАРТЫҢҚЫРА=** ет. *Тарта түсу, аздап тарту.*

**ТАРТЫҢҚЫРАУ** *Тартыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫС**[1] зат. *Біреумен немесе бір нәрсемен жүргізілетін күрес, айқас, талас.*

**Тап тартысы.** совет. *Қаналушы және қанаушы таптар арасындағы күрес, тап күресі.*

**ТАРТЫС**[2] зат. *Музыкалық аспапта ойнау, шерту мәнері.*

**ТАРТЫС=** ет. **1.** *Тартуға көмектесу, жәрдемдесу.* **2.** ауыс. *Дауласу, айтысу, күресу.*

**ТАРТЫСКЕР** зат. *Сайысушы, ойыншы.*

**ТАРТЫС-ТАЛАС** зат. *Бір мәселе жөніндегі айтыс, керіс.*

**ТАРТЫСТЫ** сын. *Қызу айқасты, таласты, қызықты.*

**ТАРТЫСТЫР=** ет. *Тартысуға мәжбүр ету, тәжікелестіру.*

**ТАРТЫСТЫРУ** *Тартыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫСУ** *Тартыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРТЫСШЫЛ** сын. *Тартысқұмар, айтысқыш.*

**ТАРХАН** зат. ескі. *Ерекше жеңілдігі бар, мемелекетке қызметі сіңген, алам-салықтан босатылған лауазым иесі.*

**ТАРШЫЛЫҚ** зат. *Жетіспеушілік, жоқшылық, тапшылық.*

**ТАРЫ** зат. <лат. panicum> **1.** *Дәнді дақылдардың бір түрі.* **2.** *Осы дақылдың дәні.*

**Тары дақылы.** егіншар. *Азықтық, малазықтық т.б. өндірістік-техникалық мақсатта арнайы өсірілетін тары.* **Тары көже.** тамақ. *Ақталған тарыны сорпаға, сүтке, сүт қатқан суға бөктіріп жасайтын көженің түрі.* **Тары көрген тауықтай.** *Қызақы, қызыққыш.* **Тарының қауызындай тарылды.** *Кішірейді, азайды, шағын болды.*

**ТАРЫҒУ** *Тарық етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Жоқшылыққа ұшыраушылық, зәрулік.*

**ТАРЫДАЙ** сын. **1.** *Тары сияқты, тары тәрізді.* **2.** ауыс. *Өте кішкентай, шағын көлемді.* **3.** ауыс. *Титімдей, азғантай.*

**Тарыдай шашылды.** *Бытырады, тарады, шашырады.*

**ТАРЫДАЙЫН** сын. фольк. ***Тарыдай.***

**ТАРЫҚ=** ет. **1.** *Қиыншылық, жоқшылық көру, зәру болу, қысылу.* **2.** ауыс. *Көңілі құлазу, қапа болу.*

**Тарығып қалды**. *Мұқтаждыққа, кемтарлыққа ұшырады; қаражаттан, ішім-жемнен қиналып қалды.*

**ТАРЫҚТЫР=** ет. **1.** *Мұқтаж, зәру ету.* **2.** *Жоқшылық көрсету, қиыншылыққа душар ету.*

**ТАРЫҚТЫРУ** *Тарықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің тараюы, кішіреюі.* **2.** ауыс. *Сараңдық жасау, пейілі құру.* **3.** ауыс. *Құру, жойылу.*

**ТАРЫЛДА=** ет. *Дарылдаған дыбыс шығару, тар-тар ету.*

**ТАРЫЛДАҚ** сын. *Тарылдап қалған, дарылдақ (мәшине, трактор т.б).*

**ТАРЫЛДАТ=** ет. *Тар-тар еткізу.*

**ТАРЫЛДАТУ** *Тарылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛДЫР=** ет. *Тынысты тарылту, тұншықтыру.*

**ТАРЫЛДЫРУ** *Тарылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛТ=** ет. **1.** *Тарайту, көлемін шектеу.* **2.** ауыс. *Жолын, бағын байлау.*

**ТАРЫЛТУ** *Тарылт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛТЫЛ=** ет. *Тарайтылу, кішірейтілу.*

**ТАРЫЛТЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап тарылту, тарылта түсу.*

**ТАРЫЛТЫҢҚЫРАУ** *Тарылтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛУ** *Тарыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлемін кішірейту, тар күйге түсу.* **2.** ауыс. *Сараңдық көрсету, іштарлану.*

**ТАРЫЛЫҚ** зат. *Тары егілген жер.*

**ТАРЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Тарыла беру, тарыла түсу.*

**ТАРЫЛЫҢҚЫРАУ** *Тарылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАРЫЛЫС=** ет. *Сараңдық көрсетісу.*

**ТАРЫМШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Таршылық.***

**ТАРЫН** сын. жерг. *Кең емес, тар.*

**ТАРЫН=** ет. **1.** *Таршылық көру, күнкөрісі қиындау.* **2.** ауыс. *Кею, ренжу, қамығу.*

**ТАРЫНҒЫШ** сын. *Тарыншақ, кейігіш, ренжігіш.*

**ТАРЫНДАУ** сын. жерг. *Кеңдеу емес, тарлау.*

**ТАРЫНДЫҚ** зат. *Таршылық, жоқшылық.*

**ТАРЫНУ** *Тарын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тарылу, іштарлану.* **2.** ауыс. *Кею, ренжу, қамығу.*

**ТАРЫНШАҚ** сын. *Іштар, қызғаншақ.*

**ТАРЫШЫҚ** зат. өс. *Итқонақтың бір түрі.*

**ТАРЫНШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Таршылық, тарлық.* **2.** ауыс. *Іштарлық, көреалмаушылық.*

**ТАРЫ-ТАЛҚАН** зат. этн. *Тары және оның жармасы, тарыдан жасалған азық, тағам.*

**ТАРЫШЫ** зат. *Тары өсірудің маманы, тары егуші.*

**ТАС** зат. **1.** *Таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері. // Тастан жасалған.* **2.** *Зергерлік бұйымдарға салынатын, орнатылатын бағалы асыл тастар.* **3.** *Адам ағзасында (бүйрек, өт, бауыр т.б.) зат алмасудың бұзылуынан пайда болатын түйір зат.* **4.** ауыс. *Ауыр, зілдей.* **5.** ауыс. *Қатыгез, қатал.* **6.** ауыс. *Тастай суық, мұздай.* **7.** ауыс. *Тастай қатты.*

**Тас ақыр**. *Берік салынған ақыр.* **Тас атты**. *Қастық істеді, жаулық жасады, дұшпандық ойлады.* **Тас аштыру.** *Құмалақ салдыру.* **Тас байланды**. мед. *Бүйрекке, несеп жолдарына, өтке әртүрлі ішкі, сыртқы теріс факторлардың салдарынан құмның жиналуынан, тасқа айналуынан болатын ауру түрі.* **Тас безерлік**. *Барып тұрған қиқарлық, қырсықтық.* **Тас бекіді**. *Мықтап бекемделді, бекілді, жабылды.* **Тас болды**. *Қатты сараңдық етті, мейірімсіздік қылды.* **Тас боран**. *Суырып соққан қатты боран.* **Тас бөлме [қамау]**. *Қапас, қамау, түрме, абақты.* **Тас бұлақ**. *Суы өте суық, әдетте, тастақ жерден шығатын бұлақ.* **Тас бұлау.** *Тасты қыздырып жасаған бұлау.* **Тас бітіп қалды**. *Түк естімей қалды.* **Тас ғасыры.** *Еңбек құрал-жабдықтарын көбінесе тастан жасайтын алғашқы дәуірге сәйкес кезең.* **Тас дәуірі**. геол. *Адамзат мәдениеті дамуының ең ұзақ алғашқы тас құралдар жасалған кезден (бұдан 2–3 млн жыл бұрын) мыс (энеолит) дәуіріне дейін созылған тарихи-мәдени кезең.* **Тас диірмен.** *Тастан қашап жасалған қол диірмен.* **Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен.** *Ананың балаға деген еш нәрсемен өлшенбейтін махаббатын, еміренуін суреттеуде қолданылатын тұрақты тіркес.* **Тас емшегін иітті.** *Мейірін түсірді, емірентті.* **Тас жастанып, бұлт жамылды**. *Небір қиындықтан өтті.* **Тас жастанып, мұз бүркенді.** *Қиыншылықта жүрді; ауыртпалық көрді.* **Тас желін.** *Иімейтін, сүт шықпай қалған.* **Тас жібіді.** *Қатты, мейірімсіз адамның көңілінің түсуі, мейірленуі.* **Тас кепіл**. жерг. *Берік уәде, келісім.* **Тас кесетін болаттай.** поэт. *Өткір, алмас.* **Тас көңіл.** *Бауырмалдығы жоқ, мейірімсіз.* **Тас кітабы**. *Тасқа қашалып жазылған жазу.* **Тасқа басты**. *Баспаға, машинкаға басты.* **Тасқа басылды.** *Типографиялық*

*әдіспен басылып шықты, жарық көрді.* **Тасқа басылып қалғандай.** *Өте анық, бадырайған.* **Тас қамал.** а) *Тастан жасалған мықты қорған, бекініс.* ә) *Берік, мықты нәрсе.* **Тасқа салды.** *Тасты шапты, қатты нәрсені кеспек болды.* **Тас қашау өнері.** сәулет. *Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ежелгі дәуірден бері меңгерген тұрмыстық бұйымдарды - тас құдық, астау, малатас, қолдиірмен, ойыншық және тас мүсіндер, құлпытас, қабіртас, сағанатам, кесенелерді жасауда, салуда қолданған, тастан қашап, өңдеп, кертіп жасайтын қолөнер шеберлігі.* **Тас қашаушы.** өнер. *Тас қашау өнерін меңгерген, тас қашаумен айналысатын, тасқа түрлі өрнек салатын адам.* **Тас қияға өрледі.** *Алға ұмтылды, талаптанды.* **Тасқа түсті.** *Сайлауға түсті.* **Тасқа қып байлады [таңды, буды].** *Шешілместей етіп мықтап бекітті.* **Тас лақтырды.** *Дұшпандық істеді, қастық жасады.* **Тас өлім.** поэт. *Мейірімсіз ажал.* **Тас салды.** көне. тар. *Дауыс берді.* **Тас сауыт.** *Берік, мықты қорғаныс киім.* **Тастан қатты.** а) *Қатыгез, қатал.* ә) *Қолы тар, сараң.* **Тас төсеніп, темірқазық жастанды.** *Қиындыққа төтеп берді.* **Тас түссе талайынан.** көне. *Пешенеге жазылған болады деген мағынада.* **Тасты жібітті.** *Күшін, мықтылығын баршаға мойындатты.* *Тас үй.* көне. *Қапас, түрме, абақты.* **Тасы өрге домалады.** *Бақыты ашылды, ісі оңға басты.*

**ТАС**[2] зат. жерг. *Күйдірілмеген кірпіш.*

**ТАС**[3] зат. жерг. *Бекіренің қатты шеміршегі.*

**ТАС**[4]**: тас төбе.** *Дәл төбе, нақ төбе.* **Тас төбеден таймай шық.** көне. *Бақсылар сарынында айтылатын дағдылы «уағыз» сөз.*

**ТАС**[5]**: тас жетім.** *Әкесі де, шешесі де жоқ, туыстары қалмаған жетім.*

**ТАС**[6]**: тас қараңғы.** *Түк көрінбейтін қараңғы, қап-қараңғы, көзге түртсе көргісіз.* **Тас керең.** *Мүлде естімейтін саңырау.*

**ТАСА**[1] зат. **1.** *Қағаберіс жер, қалтарыс.* **2.** әск. *Жеке құрам, әскери техника және мүліктерді бүркеме леу және қорғау үшін пайдаланатын жергілікті жер заттары және жер бедерінің элементтері, фортификациялық құрылыс.*

**ТАСАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қалқалап жасырыну.* **2.** *Жүзін жасыру, тура қарамау.* **3.** *Тығылу, жасырыну, бойын алып қашу.* **4.** ауыс. *Бүркемелеу, ойын, сөзін ашық айтпау.*

**ТАСАЛАН=** ет. **1.** *Бір нәрсені қалқалап жасырыну.* **2.** *Тығылу, көзге түспеу, бойын алып қашу.*

**ТАСАЛАНДЫР=** ет. *Тасада қалдыру, жасыру, білдірмей жіберу.*

**ТАСАЛАНДЫРУ** *Тасаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСАЛАНУ** *Тасалан етістігінің қимыл атауы; жасырыну, тығылу.*

**ТАСАЛАҢҚЫРА=** ет. *Тасалай түсу, жасырыңқырау.*

**ТАСАЛАҢҚЫРАУ** *Тасалаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСАЛАТ=** ет. **1.** *Бір нәрсені қалқа ету.* **2.** *Көзге түсірмей жасыру.*

**ТАСАЛАТТЫР=** ет. *Жасырынуға жағдай жасау.*

**ТАСАЛАТТЫРУ** *Тасалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСАЛАТУ** *Тасалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСАЛАУ**[1] сын. *Жасырындау, қалтарыстау.*

**ТАСАЛАУ**[2] *Тасала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жасыру, тығу, көзден таса қылу.* **2.** *Білдірмеу, бүркемелеу, назардан тыс қалдыру, жария етпеу.* **3.** ауыс. *Күннің тұтылуы.*

**ТАСАЛАУШЫ** сын. *Тасалайтын, жасырушы.*

**ТАСАЛЫ** сын. *Көзден таса, жасырын (жер).*

**ТАСАТТЫҚ** зат. діни. **1.** *Қиын жағдайға ұшырағанда, қорқынышты сәттерде Тәңірден тілек сұрап, мал сойып, құрбан шалу салты.* **2.** этн. *Құрғақшылық кезде ауыл болып Тәңірден жаңбыр тілеп, өзен жағасында құрбандық шалып, қанын суға ағызатын ғұрыптық салт.* **3.** ауыс. *Садақа, құрбандық.*

**Тасаттық берді.** діни. миф. *Көктен жаңбыр тілеп, құрбандық шалып, садақа берді.*

**ТАСБАҚА** зат. зоол. <лат. testudines> *Сүйек қабығы бар, қысқа аяқтарымен баяу жылжып қозғалатын жәндік.*

**Тасбақа аяң [жүріс]**. *Шабан қимыл, баяу жүріс.* **Тасбақа оюы.** қолөнер. *Халық арасында тұйық ою деп аталатын өрнек... ерте заманнан тас ескерткіштерге тасбақа бейнесін қашап түсірген ою түрі [Бұл ою – мәңгіліктің символы. Тасбақа ұзақ жасайды. Ерте заманнан көшпелілер бейіт басындағы тас ескерткіштерге көбінесе тасбақа бейнесін қашап салған. Сонымен бірге оны батырдың, ханның киіміне, қалқанына салатын болған].* **Тасбақаның аузынан шөп алған адам**. жерг. *Өте айлалы, тапқыр, епті адам туралы.* **Тасбақаның дауылы**. *Алай-дүлей қатты жел.*

**ТАСБАҚАЖҮЗІМ** зат. өс. *Сабағы жіңішке, жапырағы көп әрі қалың; екі құлақ болып бітетін өсімдік.*

**ТАСБАҚАША** үст. *Тасбақа сияқты, тасбақаға ұқсап.*

**ТАСБАУЫР** сын. *Мейірімсіз, қайырымсыз.*

**ТАСБАУЫРЛЫҚ** зат. *Мейірімсіздік, қайырымсыздық.*

**ТАСБЕДЕ** зат. өс. <лат. trigonella> *Бұршақтар тұқымдасы бойдана туысына жататын тас арасына шығатын беде шөп.*

**ТАСБЕКІРЕ** зат. зоол. <лат. scaphirhynchinae> *Бекірелер тұқымдасына жататын тұщы су балықтарының туысы.*

**ТАСБИ** зат. діни. ***Тасбих.***

**ТАСБИХ** зат. діни. *Аллаға мадақ айта отырып, қолмен біртіндеп төгетін қысқасы – 33, ұзыны – 99 тастан тұратын моншақ тізбегі.*

**Тасбих айтты**. *Алланы мадақтады.*

**ТАСБОЛАТ** зат. *Күйдірілген кірпіш.*

**ТАСБОРАН** зат. діни. *Мұсылманшылық неке заңын өрескел бұзған әйелге қолданылатын жаза.*

**ТАСБӨБЕК** зат. өс. *Көктемде қой сүйсіне жейтін шөптердің бір түрі.*

**ТАСБӨГЕТ** зат. сушар. *Бөгет денесін үйінді қиыршық, ірі сынықты грунтпен толтырып, өзен суын бөгеу арқылы жиналған суды халық шаруашылығында пайдалану тәсілі.*

**ТАСБҮЙЫРҒЫН** зат. өс. <лат. nanophyton> *Қиыршық тасты жерлерде өсетін шөп.*

**ТАСБҮЛДІРГЕН** зат. өс. <лат. rubussatatile> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 60 см-ден аспайтын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТАСДИХ** зат. діни. ескікіт. *Мақұлдау, сену.*

**ТАСЕМЕН** зат. өс. *Шөлді, шөлейтті, құмды аймақтарда өсетін,биіктігі 40 см-дей, ерте көктемде гүлдейтін (эфемер) өсімдік; жіңішке жапырақты құрткашаш.*

**ТАСЖАҢҒАҚ** зат. биол. <лат. aflatunia> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын ағаш немесе бұта өсімдіктер туысы.*

**ТАСЖАРҒАН** зат. өс. <лат. saxifradia> *Тасты жерге өсетін басын қой, түйе жейтін, ұзындығы бір метрдей, дәріге пайдаланылатын бұта.*

**ТАСЖЕЛЕК** зат. өс. *Қазтабанның далалы жерде өсетін түрі; дала қазтабаны.*

**ТАСЖЕМІС** зат. өс. <лат. euclidium> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**ТАСЖОЛ** зат. *Тас төселген көлік жүретін үлкен жол.*

**ТАСЖУА** зат. өс. биол. <лат. allium petraeum> *Таулы-тасты жерде өсетін жуаның бір түрі.*

**ТАСЖҮРЕК** сын. **1.** *Қатал, мейірімсіз.* **2.** бейн. *Бұл жерде қатал тағдыр, тағдыр, жазмыш.*

**ТАСЗАМАН** зат. стиль. *Тас дәуірі.*

**ТАСИРСІЗ** сын. ескікіт. *Пайдасыз, әсерсіз.*

**ТАСКЕКІРЕ** зат. өс. *Басы бүршікті, сабағы қатты арамшөптің бір түрі.*

**ТАСКЕНЕ** зат. биол. <лат. pediculoides> *Кішкене, жабысқақ кене.*

**ТАСКЕНЕДЕЙ** сын. *Таскене сияқты, таскене тәрізді.*

**Таскенедей жабысты [қадалды].** *Қатты жармасты, айырылмады.*

**ТАСКЕНЕШЕ** үст. *Таскене сияқты, таскенеге ұқсап.*

**ТАСКЕРЕҢ** сын. **1.** *Мүлде естімейтін, есту қабілеті жоқ.* **2.** *Бітеліп қалған, біткен.*

**ТАСКЕСЕК** сын. *Жібімейтін, қатып қалған.*

**ТАСКӨМЕЙ** зат. геол. *Жанартау ошағынан сығымдала көтерілген өнімдердің (лаваларлардың, туфолаваларлардың, жанартау гравелиттерінің және т.б.) сол жанартау көмейіне кептелуі нәтижесінде пайда болатын, сырт пішіні тік бағандарға ұқсас дене.*

**ТАСКӨМІР** зат. кен. *Жердің терең астынан қазып шығарылатын отындық қазба байлық.*

**Таскөмір жүйесі.** геол. *Палеозой тобының төменнен санағанда бесінші жүйесі.* **Таскөмір кезеңі.** геол. *Палеозой эрасының жалпы ұзақтығы 74 млн жылмен өлшенетін төменнен санағанда бесінші геологиялық кезеңі.*

**ТАСКІЛЕМ** зат. этн. *Жерге төсеуге арналған кілемнің түрі.*

**ТАСҚАБАҚ** зат. кәс. *Қабығы қалың сары асқабақ.*

**ТАСҚАБАҚТАЙ: тасқабақтай қағыстырды**. а) *Шаруаны дөңгелетіп әкетті.* ә) *Бірін-біріне айдап салды, ұрыстырды, араға от салды.*

**ТАСҚАДА** зат. геол. *Жер астындағы карстық қуыстар мен үңгірлер төбесінен тамшылаған минералданған судың булануы нәтижесінде сол үңгір еденінде пайда болатын қаққан қазыққа ұқсас ақпа пішінді таужыныс (көбінесе оқтас) шоғыры (бағаншасы).*

**ТАСҚАЙНАТ** сын. *Өте пысық, өте жылдам, өте тез.*

**ТАСҚАЙЫҢ** зат. өс. *Қиыр шығыста, Уссурий өлкесінде өсетін қатты ағаш.*

**ТАСҚАҚ** зат. жерг. *Тау үстінде су жиналатын ояң жер.*

**ТАСҚАЛАҚ** сын. *Таси беретін, тасымпаз.*

**ТАСҚАРА** зат. сөйл. ***Тазқара*** *(үлкен қарақұс).*

**ТАСҚАРАҚАТ** зат. өс. <лат. bives saxatile pall> *Тасжарғандар тұқымдасына жататын жидекті, аласа, тармақталған бұталар.*

**ТАСҚАРАҢ** зат. өс. *Жабайы өсетін өсімдіктердің бір түрі.*

**ТАСҚАШАУ** зат. *Тау-тасқа қашап, әртүрлі ою-өрнек, сурет т.б. салу өнері.*

**ТАСҚАЯҚ** зат. сөйл. *Бильярд ойынындағы шар тәрізді тастарды ұруға арналған ұзындау таяқ.*

**ТАСҚАЯҚТАЙ: тасқаяқтай қағыстырды**. *Бірді-бірге ұрды, үйіріп әкетті.*

**ТАСҚАЯҚШЫ** зат. сөйл. *Бильярд ойыншысы.*

**ТАСҚИЫРШЫҚ** зат. геол. *Негізінен магмалық таужыныстардың физикалық морылуынан қалыптасатын болбыр масса.*

**ТАСҚОҢЫРБАС** зат. өс. *Қоңырбас сияқты сабағы қатты, көпжылдық, шөптесін өсімдік.*

**ТАСҚОРЫҚ** зат. этн. ***Тасқорықтық*** *(қойшылардың тас салып пісірген сүті).*

**ТАСҚОРЫҚТЫҚ** зат. этн. *Отқа әбден қыздырылған кішілеу тастарды ыдыстағы сүтке салып жіберіп пісіру әдісі; осы әдіспен пісірілген сүт.*

**ТАСҚОРЫМ** зат. этн. *Тастан жасалған ежелгі зират.*

**ТАСҚҰДЫҚ** зат. *Тастақты жердегі құдық.*

**ТАСҚҰЙМА** зат. геол. *Алдын ала балқытып алынған табиғи таужыныстарды арнайы жасалған қалыптарға құю және күйдіру арқылы әртүрлі бұйымдар алу өндірісі.*

**ТАСҚҰЛАҚ** сын. *Бірде естіп, бірде естімейтін құлақ, керең, саңырау.*

**ТАСҚҰМАН** зат. *Шай шығаратын ақ, фарфор шәйнек, аққұман.*

**ТАСҚЫН** зат. **1.** *Арнасынан асып көтеріліп, тасып жайылған су, сел.* **2.** ауыс. *Асып-тасқан күш, жігер, қарқын.*

**Тасқын судай**. *Бір сәтте шалқыған, қанасынан асып төгілген.*

**ТАСҚЫНДА=** ет. **1.** *Судың арнасынан, кемерінен шығып кетуі.* **2.** ауыс. *Күш-жігер, қуаттың, ақыл-ой, сезімнің асып-тасуы.* **3.** ауыс. *Асып-тасу, масайрау, масаттану.* **4.** ауыс. *Дандайсу, менменсу.*

**ТАСҚЫНДАН=** ет. **1.** *Кемерінен шығу, асып-тасу.* **2.** ауыс. *Күш-қайраты арту, жігерлену.* **3.** ауыс. *Әлемге жайылу, тарау.*

**ТАСҚЫНДАНУ** *Тасқындан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Судың кемерінен, арнасынан шығып, асып-тасуы.* **2.** ауыс. *Арттыру, асыру.* **3.** ауыс. *Асып-тасу, дандайсыту.* **4.** ауыс. *Әнді, сөзді төгілту, майын тамызу.*

**ТАСҚЫНДАТУ** *Тасқындат етістігінің қимыл атауы; асыру, арттыру.*

**ТАСҚЫНДАТУШЫ** зат. *Көбейтуші, өсіруші адам.*

**ТАСҚЫНДАУ** *Тасқында етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСҚЫНДЫ** сын. *Тасқындаған, тасыған.*

**ТАСЛАҚТЫРЫМ: таслақтырым жер.** этн. *Лақтырылған тас түсетіндей қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ТАСМАҢДАЙ** сын. *Бақытсыз, сорлы.*

**ТАСНИФ: таснuф қылды.** ескікіт. *Жүйеледі, жинақтады.*

**ТАСНҰСҚА** зат. геол. *Бұрын тіршілік еткен ағзалардың тіршілік әрекетінің тау жыныстарындағы қалдықтары мен іздері.*

**ТАСНҰСҚАЛАНУ** зат. геол. **1.** *Болбыр шөгінділердің (түнбалардың) қатты (тастақты) таужыныстарға айналу, яғни қатаю процесі.* **2.** *Таужыныстармен көмілген жәндіктер мен өсімдік мүрделеріне тән органикалық заттардың минералды заттарға айналуы, яғни организм қалдықтарының тасsuccалану процесі.*

**ТАСОШАҚ** зат. *Қазан асып, астына от жағатын үлкендеу үш тас.*

**ТАСӨКПЕ** зат. вет. *Өкпенің беріштеніп, семіп қалуы; ауру.*

**ТАСПА**[1] зат. этн. *Иленген қалың теріден тілінген жіңішке қайыс.*

**Таспа бел**. *Жіңішке бел, құмырсқа бел.* **Таспа жол**. *Жіңішке ұзын жол.*

**ТАСПА**[2] зат. өс. <лат. astragalus> *Бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық немесе көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық өсімдіктер туысы.*

**ТАСПАБОЗ** зат. өс. <лат. stenophylla> *Таспаның бір түрі, қыр шөбі.*

**ТАСПАДАЙ** сын. **1.** *Таспа сияқты, таспа тәрізді.* **2.** ауыс. *Жіп-жіңішке, ұзын.*

**ТАСПАДАЙЫН** сын. поэт. ***Таспадай.***

**ТАСПАЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. syreitschikovia> *Сабағы, жапырақтары жіңішке, көпжылдық тікенді өсімдік.*

**Тасжапырақ күймесгүл.** өс. <лат. disitam-nus angustifolius> *Сабағы бұтақты, қалың, ұзын түкті болып келген күймесгүлдің бір түрі.*

**ТАСПАЖОҢЫШҚА** зат. жерг. өс. *Жабайы жоңышқа.*

**ТАСПАҚАРА** зат. өс. *Сортаңды жерде өсетін, қой сүйсініп жейтін шөп.*

**ТАСПАҚҰРТ** зат. биол. <лат. cestoda> *Жалпақ құрттар типінің класына жататын омыртқалы жануарлардың және адамның паразиттері; цестодоз ауруларын қоздырушылар.*

**ТАСПАЛА**[1]**=** ет. **1.** *Таспа етіп, жіңішкелеп тілу.* **2.** ауыс. *Ұру, соғу.*

**ТАСПАЛА**[2]**=** ет. *Таспамен тігу, көктеу.*

**ТАСПАЛАН=** ет. *Жіп-жіңішке болып тіліну.*

**ТАСПАЛАНУ** *Таспалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСПАЛЫ** сын. **1.** этн. *Таспасы бар, таспадан тұратын.* **2.** *Тарам-тарам, сала-сала, жол-жол.* **3.** ауыс. *Тасқынды, аумалы-төкпелі.*

**Таспалы конвейер.** тех. *Сусымалы, кесек және дара жүктерді тасымалдауға арналған қондырғы.*

**ТАСПАТАРЫ** зат. өс. *Дәндері тары іспеттес, жабайы шөп түрі.*

**ТАСПАША** үст. *Таспа сияқты, таспаға ұқсап.*

**ТАСПИҚ** зат. діни. ***Тасбих*** *(діндар адамдардың Құдайға сиыну кезінен қолына ұстап тартып отыратын моншақ тізбектері; тәспі).*

**ТАССҮҢГІ** зат. геол. *Үңгір төбесінен тамшылаған минералданған судың булануы нәтижесінде қалыптасқан, сол үңгір төбесінен салбырап тұратын ақпа таужыныстар (әдетте әктастар) шоғыры (сүңгісі).*

**ТАСТА=** ет. **1.** *Бір затты, нәрсені жерге құлату, түсіру.* **2.** *Әкелу, беру, ұсыну.* **3.** *Бір затты, нәрсені не біреуді қалдырып кету, өзімен бірге алмау.* **4.** *Қою, әдеттенбеу.* **5.** *Адымдау, басу.* **6.** ауыс. *Ажырау, айырылысу.*

**Тастап кету.** а) *Қалдыру.* ә) *Бірге жүрген, біте қайнасқан адамдардың немесе сөз байласқан, сүйіскен екі жастың біреуінің кетіп қалуы, басқа біреумен жүруі.*

**ТАСТАБАҚ** зат. жерг. **1.** *Тәрелка.* **2.** *Жайпақ табақ.* **3.** *Шыныаяқ, кесе.*

**ТАСТАБАНДА=** ет. **1.** *Міз бақпау, тапжылмау.* **2.** *Қатты сіресу, қарысу.*

**ТАСТАЙ** сын. **1.** *Тас сияқты, тас тәрізді, қатты, берік, мықты.* **2.** *Өте суық, тым суық.*

**Тастай батып, судай сіңді**. *Басқа елге (жерге) араласып, мейлінше сіңіп кетті.* **Тастай берік**. *Аса берік, мықты, құрыштай.* **Тастай қараңғы.** *Өте қараңғы, қап-қараңғы; көзге түртсе, көргісіз.* **Тастай қатты.** а) *Бір орыннан қозғалмады, тапжылмады, сіресті.* ә) *Үн шығармады, жым-жырт болды.* **Тастай суық**. *Өте суық.* **Тастай түйілді [түйінді].** *Шұқшиды, шүйлікті, бір іске қатты бекінді.*

**ТАСТАҚ** сын. *Тас араласқан, тасы көп (жер).*

**ТАСТАҚТЫ** сын. *Тастақ жерлері көп ұшырасатын, тас аралас топырақты.*

**ТАСТАЛ=** ет. **1.** *Төселу, салыну, қойылу.* **2.** ауыс. *Аласталу, қалдырылу, ұмытылу.*

**ТАС-ТАЛҚАН** үст. *Күл-талқан, быт-шыт.*

**Тас-талқан болды**. *Қатты ашуланды, тулады.* **Тас-талқан қылды [етті].** *Быт-шытын шығарды, күл-талқан етті.* **Тас-талқанын шығарды**. *Күл-талқан етті, күйрете соқты.*

**ТАСТАЛУ** *Тастал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСТАЛШЫҚ** зат. экол. *Табиғи гидросиликаттар тобының жинақтама атауы (амфиболалар, мыс., актинолит, серпентиндер, мыс., хризолит).*

**ТАСТАМА** зат. жерг. *Белағаш, мәтке.*

**ТАСТАМАБАУ** зат. этн. *Шаңырақтың күлдіреуіші арасынан тасталып, киіз есіктің ең ұшына тағылатын, ағаш есіктің маңдайшасынан өткізіп байлау арқылы киіз есікті жабуға қолданылатын бау.*

**ТАСТАНДЫ** сын. **1.** *Тасталған, тастап кеткен, қалдырылған.* **2.** ауыс. *Біреуден қалған, ескі зат.* **3.** қоғ.-әлеу. *Ата-анасы бас тартқан жетім балалар.*

**ТАСТАНДЫЛАР** зат. геол. *Пайдалы қазбаларды байытудың қалдықтары.*

**ТАСТАР** зат. жерг. *Төрткүл ұзыншақ, орамал кейіпті байлауыш.*

**ТАСТАТ=** ет. *Қалдырту, қойдырту.*

**ТАСТАТТЫР=** ет. *Тастатқызу.*

**ТАСТАТТЫРУ** *Тастаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСТАЯҚ** зат. спорт. ***Бильярд.***

**ТАСТЕСЕРЛЕР** зат. зоол. *Таужыныстарды, маржандарды, бақалшықтарды үңгілеп, ыдыратып тіршілік ететін теңіз жәндіктері.*

**ТАСТҮЙІН** сын. **1.** *Өте берік, қайратты, мықты.* **2.** *Сақадай сай, дайын.*

**Тастүйін бекінді**. *Қайтпас шешімге келді, бел буды.*

**ТАСТҰЗ** зат. кен. <грек. hals> *Хлоридтер класының минералы, галит.*

**ТАСТҰЙНАҚТАЙ** сын. *Ұқыпты, жып-жинақы.*

**ТАСТҮЛЕК** зат. саят. *Төрт жастағы бүркіт.*

**ТАСТҮЛЕКТЕЙ** сын. *Тастүлек сияқты, тастүлек тәрізді.*

**Тастүлектей талпынды.** *Алған бетінен қайтпады, райынан қайтпады.* **Тастүлектей түйілді [түйінді]**. *Қарсы түрды, шүйлікті.*

**ТАСТЫ** сын. *Тасы бар, тас араласқан.*

**Тасты мұздық.** геол. *Еру үдерісі жүріп жатқан мұз ядросы бар тас сынықтарының (кесектерінің) тау беткейлерімен төмен жылжитын ағыны.* **Тасты шөл.** геогр. *Тасты болып келетін, Солтүстік Африка, Таяу Шығыста кең аумақты алып жатқан шөл.*

**ТАСТЫР=** ет. *Тасыту, тасыттыру.*

**ТАСУ**[1] *Тасы етістігінің қимыл атауы; тасымалдау, жеткізу.*

**ТАСУ**[2] *Тасы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйықтықтардың өз қалыбынан, арнасынан асып төгілуі.* **2.** ауыс. *Күш-жігердің мол, көңілдің өте көтеріңкі болуы.*

**ТАСУШЫ** зат. *Апарушы, әкелуші, бір нәрсені екінші жерге жеткізуші.*

**ТАСШАҚПА** зат. геол. **1.** *Таужыныстардың желмен морылуынан түзілген үшкір бұрышты (мөлшері 100 мм-ге дейін) сынықшалары.* **2.** *Таужыныстарды не жасанды тас материалдарды уату арқылы алынатын (мөлшері 5-15 мм) өнім.*

**ТАСШӨП** зат. өс. <лат. thymus serpyllum> *Тауқалақай тұқымдас жартылай бұталар мен бұташықтар; дәрілік және хош иісті өсімдік.*

**ТАСШҮЙГІН** зат. өс. *Шүйгіншөптер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ТАСШЫ** зат. *Тас қалаушы, тас тасушы.*

**ТАСШЫГҮЛ** зат. өс. <лат. androsace> *Шүйгіншөптер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ТАСЫ**[1]**=** ет. *Затты, нәрсені бір жерден екінші жерге апару, жеткізу.*

**ТАСЫ**[2]**=** ет. **1.** *Ағын судың жағадан, ернеуден көтеріліп асуы, басқа жерге жайылуы.* **2.** *Сұйық астың қатты қайнап, ыдыстан асып төгілуі.* **3.** ауыс. *Асып-тасу, көңілі шалқу.*

**Тасыған қазандай көтерілді.** *Ашуланды, ашу шақырды.*

**ТАСЫГӨЙ** үст. жерг. *Мүлде, тіпті.*

**ТАСЫҒЫШ** сын. **1.** *Тасымалға арналған (құрал-жабдықтар).* **2.** *Тасуға бейім.* **3.** ауыс. *Көңілі асқақ, асып-тасқан.*

**ТАСЫҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта тасу, бірнеше мәрте апару.*

**ТАСЫЛ=** ет. *Мәшине, ат-арба көмегімен жеткізілу, тасымалдану.*

**ТАСЫЛУ** *Тасыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫМАЛ**[1] зат. *Нәрсені, затты, жүкті бір жерден екінші жерге жеткізу ісі.*

**ТАСЫМАЛ**[2] зат. лингв. *Қағаздың, кітаптың бір жолына сыймаған сөз буынын екінші жолға бөліп, көшіріп жазу әдісі.*

**ТАСЫМАЛДА**[1]**=** ет. *Жүкті, нәрсені, затты бір жерден екінші жерге жеткізу, көшіру, тасу.*

**ТАСЫМАЛДА**[2]**=** ет. *Жолға сыймаған сөзді буындап, екінші жолға көшіріп жазу.*

**ТАСЫМАЛДАҒЫШ** зат. кен. **1.** *Сусымалы, құрғақ кесекті затты не даралай жүктерді тасымалдауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін тасымал мәшинесі.* **2.** *Байыту фабрикаларындағы цсату бөлімінде кенді бір операциядан келесі операцияларға тасымалдау үшін қолданылатын жабдық.*

**ТАСЫМАЛДАН=** ет. *Тасылу, жөнелтілу.*

**ТАСЫМАЛДАНУ** *Тасымалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫМАЛДАТ=** ет. *Тасыту, жөнелттіру.*

**ТАСЫМАЛДАТУ** *Тасымалдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫМАЛДАУ**[1] *Тасымалда[1] етістігінің қимыл атауы; жеткізу, тасу.*

**ТАСЫМАЛДАУ**[2] *Тасымалда[2] етістігінің қимыл атауы; жолға сыймаған сөзді екінші жолға буындап бөлу.*

**ТАСЫМАЛДАУШЫ** зат. *Тасушы, көшіруші; бір жерден екінші жерге жеткізуші.*

**Тасымалдаушыға орнатылған зеңбірек.** әск. *Танк, ұшақ, кеме т.б. әскери көліктерге орнатылған зеңбірек түрі.*

**ТАСЫМАЛДЫ** сын. *Көшпелі.*

**ТАСЫМАЛДЫҚ** сын. *Тасуға қажетті, тасуға, тасымалдауға арналған.*

**ТАСЫМАЛШЫ** зат. *Тасушы, тасымалдаушы, бір жерден екінші жерге жеткізуші.*

**ТАСЫМАЛЫ** сын. *Көшпелі, алмалы-салмалы.*

**ТАСЫМАН** зат. ескікіт. *Тастақ жер.*

**ТАСЫН=** ет. **1.** *Айбаттану, айбарлану, долдану.* **2.** ауыс. *Көңілі тасу, шалқу.*

**ТАСЫНДЫЛАР** зат. геол. **1.** *Жер бетіндегі борпылдақ төрттік шөгінділердің (құм, шағыл тас, малта тас, құмдық және т.б.) жалпы атауы.* **2.** *Өзендерде, көлдерде, теңіздерде ағыстармен тасымалданатын қатты бөлшектер.*

**ТАСЫНДЫР=** ет. **1.** *Көңілді тасқындату.* **2.** *Асқақтату, асып-тасыту.*

**ТАСЫНДЫРУ** *Тасындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫНУ** *Тасын етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫҢҚЫРА=** ет. *Таси түсу, таси беру.*

**ТАСЫҢҚЫРАУ** *Тасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫР** зат. **1.** *Тарс-тұрс шыққан дыбыс, дүрсіл.* **2.** ауыс. *Мінезі дөрекі, дөкір, топас адам.*

**ТАСЫРАЙ=** ет. **1.** *Бақыраю, бажыраю.* **2.** сөйл. *Тырсию, қампию.*

**ТАСЫРАЙТ=** ет. **1.** *Көздерін бақырайту, бақшиту.* **2.** *Тырситу, қампиту.*

**ТАСЫРАЙТУ** *Тасырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРАЙЫС=** ет. *Бақшиысу, бақырайысу.*

**ТАСЫРАҚ** сын. *Тасыр-тұсыр еткен, дөкір.*

**ТАСЫРАҚТА=** ет. *Дөрекі мінез көрсету, адыраңдау.*

**ТАСЫРАҚТАУ** *Тасырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРАҢ** зат. **1.** *Тасыраңдаған, тарпаң-тұрпаң жүріс.* **2.** ауыс. *Тым аққөңіл, аңғал, дарақы.*

**ТАСЫРАҢБАЙ** зат. сөйл. экспр. *Тасыраңдап қалған адам.*

**ТАСЫРАҢДА=** ет. *Тасыраң-тасыраң ету; әдеп сақтамау.*

**ТАСЫРАҢДАТ=** ет. **1.** *Тасыраң-тасыраң еткізу; тез-тез бастыру, жедел жүргізу.* **2.** ауыс. *Асып-тасыту, әкіреңдету.*

**ТАСЫРАҢДАТУ** *Тасыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРАҢДАУ**[1] сын. *Ұшқалақтау, жеңіл мінезділеу.*

**ТАСЫРАҢДАУ**[2] *Тасыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРАЮ** *Тасырай етістігінің қимыл атауы; бақыраю, бажыраю.*

**ТАСЫРАЮЛЫ** сын. *Тасырайған, адырайған.*

**ТАСЫРҚА=** ет. **1.** *Ат тұяғының тасқа тиіп, қажалып, ауырып қалуы.* **2.** ауыс. *Тосырқау, жатсыну, бөтенсіну.*

**Тасырқаған бие**. *Табаны жұқарып, тозған бие.*

**ТАСЫРҚАТ=** ет. *Атты тастақ жермен жүргізу.*

**ТАСЫРҚАТУ** *Тасырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРҚАУ** *Тасырқа етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРЛА=** ет. *Тасырлаған дыбыс шығу, тасыр-тұсыр ету.*

**ТАСЫРЛАТ=** ет. **1.** *Тасыр-тұсыр еткізу.* **2.** *Дүрсілдетіп, тез-тез шабу.*

**ТАСЫРЛАТУ** *Тасырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРЛАУ** *Тасырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫРЛЫ** сын. *Тасыры мол, дүбірлі.*

**ТАСЫРЛЫҚ** зат. *Даңғойлық, алаңғасарлық, есерсоқтық.*

**ТАСЫР-ТАСЫР** елік. *Тасырлаған, тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ТАСЫР-ТҰСЫР** елік. *Тарс-тұрс еткен қатты дыбысты бейнелейтін сөз. // Тарсыл-гүрсіл, тарс-тұрс еткен дыбыс.*

**ТАСЫС=** ет. *Тасуға көмектесу, бірге тасу.*

**ТАСЫСУ** *Тасыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫТ=** ет. **1.** *Бір затты, жүкті екінші орынға апартызу, тасымалдату.* **2.** *Отта тұрған сүтті, сұйық асты т.б. пісіру, қайнату кезінде ернеуінен асырып төгіп алу.* **3.** ауыс. *Тасқындату, арнасынан асыру.*

**ТАСЫТҚЫЗ=** ет. *Тасыттыру, тасымалдату.*

**ТАСЫТҚЫЗУ** *Тасытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫТТЫР=** ет. **1.** *Тасытқызу, тасымалдату.* **2.** ауыс. *Тасқындатқызу, арнасынан асырту.*

**ТАСЫТТЫРУ** *Тасыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАСЫТУ** *Тасыт етістігінің қимыл атауы; тасымалдату.*

**ТАТ**[1] зат. **1.** хим. *Темірдің және темір тектес заттардың дымқыл ауада бүлінуінен болатын тотық; дат.* **2.** ауыс. *Қалдық, ұштық, сарқыншақ.*

**Тат басты.** *Тат тұрды, таттанды, бүлінді.* **Тат саңырауқұлақтары.** өс. <лат. uredinales> *Базидиялы саңырауқұлақтардың бірқатары.* **Тат шықпайтын күмісінен таза жоқ.** поэт. *Еш нәрсе таза, басқамен араласпаған күйінде болмайды.*

**ТАТ**[2] сын. ескікіт. *Тегі басқа, кірме, жат.*

**ТАТ=** ет. *Тамақтың дәмін көру, ауызға салып байқау, ішу, жеу.*

**Татар дәм-тұзы бар.** *Көрер қызығы көп, көретіні әлі алда.*

**ТАТА**: **тата болды**. жерг. *Басы қатты.* **Татаға салды.** *Басын қатырды.*

**ТАТАЛА=** ет. *Басын қатырып, татаға салды.*

**ТАТАМИ** зат. спорт. *Дзюдо күресінің кілемі.*

**ТАТАН=** ет. жерг. *Тамсану.*

**ТАТАРБА** зат. жерг. *Өзбек арбасы.*

**ТАТАУ** зат. ескі кіт. *Арам пиғыл, жаман ой.*

**ТАТАУЛЫ** сын. ескі кіт. *Татауы бар, жасырын.*

**ТАТАУСЫЗ** сын. ескі кіт. *Татауы жоқ, таза.*

**ТАТҚЫЗ=** ет. *Жегізу, ішкізу.*

**ТАТҚЫЗУ** *Татқыз етістігінің қимыл атауы; ішкізу, жегізу.*

**ТАТРЕҢДЕР** зат. зоол. <лат. charadriidae> *Татрең тектестер отрядының бір туысына жататын дене тұрқы шағын келген жыл құсы.*

**ТАТТАЙ** сын. *Тат сияқты, тат тәрізді, қызыл күрең.*

**ТАТТАН=** ет. **1.** *Тат басу, тотығу.* **2.** ауыс. *Реңі бұзылу, өңі сарғаю.*

**ТАТТАНДЫР=** ет. *Тат бастыру.*

**ТАТТАНДЫРУ** *Таттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАТТАНУ** *Таттан етістігінің қимыл атауы; бетінде тат түзе жүретін жемірілу, тат басу.*

**ТАТТЫР=** ет. *Дәм алғызу, дәм беру, дәмін көргізу.*

**ТАТТЫРУ** *Таттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАТУ**[1] сын. *Сыйлас, араз емес.*

**ТАТУ**[2] *Тат етістігінің қимыл атауы; дәмін көру, жеу.*

**ТАТУЛАС=** ет. *Достасу, өзара түсінісу, өкпе-реніштерін ұмыту.*

**ТАТУЛАСТЫР=** ет. *Достастыру, реніштi қойғызу.*

**ТАТУЛАСТЫРУ** *Татуластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАТУЛАСУ** *Татулас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАТУЛЫҚ** зат. **1.** *Жақын, жылы қарым-қатынаста болушылық, жақсы сыйластық.* **2.** психол. *Адамдардың бір-біріне сыйластық қарым-қатынасы.*

**ТАТУ-ТӘТТІ** сын. *Араларында көңіл кірбіңі жоқ, сыйластықты.*

**ТАТУ-ТӘТТІЛІК** зат. *Тату-тәтті қарым-қатынас.*

**ТАТУШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Татулық***.

**ТАТЫ**[1]**=** ет. *Бір нәрсемен тең түсу, соған пара-пар келу, тұру.*

**ТАТЫ**[2]**=** ет. *Дәмі шығу, білiну.*

**ТАТЫ**[3]**=** ет. *Дәмі бұзылу, ішуге жарамсыз болып қалу.*

**ТАТЫМ**[1] зат. *Бір ұрттам, бір жұтым.*

**ТАТЫМ**[2] зат. **1.** *Дәм, тұздылық.* **2.** ауыс. *Іске жарамдылық, қадір, қасиет, маңыз.*

**ТАТЫМАЛ** сын. *Татып кеткен, ішуге жарамсыз (қымыз).*

**ТАТЫМДЫ** сын. *Іске жарамды, құнды, маңызды, мәнді.*

**ТАТЫМДЫЛЫҚ** зат. *Құндылық, жарамдылық.*

**ТАТЫМСЫЗ** сын. **1.** *Іске жарамсыз, құнсыз, мәнсіз.* **2.** ауыс. *Білімсіз, надан.*

**ТАТЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Іске жарамсыздық, құнсыздық.*

**ТАТЫМ-ТАЛҒАМ** зат. *Өзіндік бағам, өлшем.*

**ТАТЫР** зат. *Тұзды, сортаң, тақыр жер.*

**ТАТЫР=** ет. *Дәм татқызу.*

**ТАТЫРАНДАЙ** сын. жерг. *Қап-қара.*

**ТАТЫРА=** ет. жерг. *Сасу, сасқалақтау.*

**ТАТЫРАН**[1] зат. сөйл. ***Татыр***[1].

**ТАТЫРАН**[2] зат. өс. жерг. *Жапырағы да, түйіні де қызылшаға ұқсас таулы жердің өсімдігі.*

**ТАТЫРАН**[3] сын. жерг. *Шойындай қара.*

**ТАТЫРАУ** зат. сөйл. ***Татыр***[1].

**ТАТЫРҚАЙ** зат. сөйл. ***Татыр***.

**ТАТЫРҚОЛТЫҚ** зат. жерг. *Қос өкпе, өкпенің тұсы.*

**ТАТЫРЛЫҚ** сын. *Пара-пар, тең тұратын, жарайтын.*

**ТАТЫР-ТАТЫМАС** сын. *Татыр, татымауы белгісіз, күмәнді.*

**ТАТЫС=** ет. *Дәмдес болу.*

**ТАТЫСУ** *Татыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАТЫТ=** ет. *Дәмін сездіру.*

**ТАТЫТУ** *Татыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАУ**[1] зат. геогр. *Жер бетінен жоғары, көтеріңкі өркештене тізбектеліп, созылып жатқан құзды, құзартты биіктік.*

**Тау ауруы.** мед. <лат. morbus montanus> *Теңіз деңгейінен 4000-6000 м биіктікке көтерілгенде, ауа қысымы төмендеп, оттегінің жетіспеуінен тыныс, қан айналу, орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылуы түрінде пайда болатын ауру.* **Тау баласы.** *Таулы жерде өскен бала, кісі.* **Тау бүркіті.** *Таулы жерде мекендейтін бүркіт.* **Тауда жүріп, таста өскен.** *Ел-жұртынан бөлек жүріп, ауыр өмір кешкен.* **Таудан аққан бұлақтай.** а) *Сарқыраған, күркіреген.* ә) *Қарқынды, қайратты.* **Таудан аққан селмен бірдей.** поэт. *Көзді ашып-жұмғанша өте шығатын.* **Таудан түсті.** *Төменге, етекке көшті.* **Таудың басын қар алды.** поэт. *Күн жылына бастаса да жауған қар тау шыңдарында ерімей қалды, күннің ызғарын сездірді деген мағынада.* **Тау зебрі.** зоол. <лат. eguus zebra> *Тауды мекендейтін зебр түрі.* **Тау күйіп, тас жанды.** *Қиыншылықтарды бастан өткерді, ауыртпашылықтарға кезікті.* **Тау санады.** *Пана тұтты.* **Тау суындай екпінді.**

бейн. *Қарқыны, қуаты күшті, асау.* **Тау тізбегі.** геогр. *Тізбектеле орналасқан тау жоталары.*

**ТАУ**[2]**: тауы шағылды [қайтты].** *Сағы сынды, көңілі қалды.* **Тауын шақты [қайырды, қайтарды].** *Сағын сындырды, меселін қайтарды, көңілін қалдырды.*

**ТАУА** зат. жерг. *Асықтың біршама тегіс жағы, тәйке.*

**ТАУАН** зат. жерг. *Күш-қуат.*

**Тауаны жоқ.** *Баяны жоқ, тұрлаусыз.* **Тауаны қайтты.** *Тауы шағылды, көңілі қалды, сағы сынды.* **Тауанын қайтармады.** *Көңілін қалдырмады, тауын қайтармады.* **Тауаны тар.** *Іштар, пейілі тар.*

**ТАУАНДЫ** сын. *Табанды, тұрлаулы, төзімді, баянды.*

**ТАУАП** зат. ескікіт. *Құлшылық, қағбаны айналып өту.*

**Тауап етті [қылды].** а) *Құлшылық қылды, табынды.* ә) *Тағзым қылды, даңқына бас иді, қадір тұтты.*

**ТАУАПХАНА** зат. *Құлшылық ететін жер, табынатын орын.*

**ТАУАР** [ор. товар] зат. **1.** ***Мата.*** **2.** экон. *Құны бар және қоғамда айырбас, сатып алу-сату жолымен бөлінетін еңбек өнімі; қажеттілікті қанағаттандыратын және рынокқа (базарға) жұрттың назарын аудару, сатып алу, пайдалану не тұтыну мақсатымен ұсынылатын нәрселер.*

**Тауар айналымы.** экон. *Тауарлардың өндірушіден тұтынушыға ауысу үдерісі; өндіріс құрал-жабдығы мен тұтыну заттарын өткізудің (сатудың) жиынтық құнын бейнелейтін экономикалық көрсеткіш.* **Тауар айналысы.** экон. *Тауарларды ақшаның көмегімен айырбастау нысаны.* **Тауар биржасы.** экон. *Сапасы жағынан қалыптасқан стандартқа толықтай сай келетін белгілі бір тауарларды сатып алу мен сату үшін ұйымдасқан пиасаны (рыноктың) қамтамасыз етуші саудагерлер ассоциациясы.* **Тауар демпингі.** экон. *Тауарларды басқа елдің рыноктарында төмендетілген бағамен сату.* **Тауар құны.** экон. *Қоғамның тауарды өндіруге жұмсаған шығыны, адам еңбегінің жұмсалу мөлшері.* **Тауар өндіруші.** экон. *Тұтынушыға сатылатын затты шығарушы; тауар шығарушы адам не өндіріс орны, кәсіпорын.* **Тауар рыногының конъюктурасы.** *экон. Тауар рыногіндегі сұраным мен ұсынымның құрылымын, серпінін, арасалмағын айқындайтын факторлар мен жағдайлардың өзара әрекетінің нәтижесі.* **Тауарлардың шығарылған елі туралы куәлік.** *Тауардың шығарылған елін анықтайтын, осы елдің кеден органдары беретін құжат.* **Тауарлар жіктелімі.** экон. *Тауарлар қозғалысын тізімділік деңгейіне қарай топтастыру.* **Тауар саясаты.** экон. *Тауарға қатысты мәселелер қамтылатын кәсіпорынның маркетингілік қызметінің нышаны.*

**ТАУАРБЕЛГІ** зат. экон. *Бір фирманың тауарын екінші фирманың ұқсас тауарларынан айыруға мүмкіндік беретін және мемлекеттік тіркеуден өткен таңба, символ, яғни ресімделген түпнұсқалық графикалық бейне не түпнұсқалық атау.*

**ТАУАРИХ** зат. ескікіт. ***Тарих.***

**ТАУАРПА** зат. өс. <лат. hordeum brevisubulatum> *Арпаның таулы жерде өсетін жабайы түрі; қысқа мұрт арпа.*

**ТАУАШ** зат. жерг. *Ыдыс қою үшін үй қабырғасынан текшелеу етіп ойып жасалған орын, текше.*

**ТАУБА** зат. сөйл. ***Тәубе.***

**Таубаға келді.** *Астамшылығын мойындады, пендешілігі есіне түсті.* **Тауба қылды.** *Шүкіршілік етті.* **Таубасы аузына түсті.** *Пенделігін есіне алды, шүкіршілік етті.*

**ТАУБҰРШАҚ** зат. өс. <лат. vicia tetrasperma> *Сиыржоңышқаның тауда өсетін жабайы түрі; төрт дәнді сиыржоңышқа.*

**ТАУГҮЛ** зат. өс. <лат. swertia> *Таулы жерде өсетін гүлді өсімдік.*

**ТАУДАҒАН** зат. бот. <лат. celtis> *Қарағаштар тұқымдасына жататын ағаш немесе бұта өсімдіктер тұысы.*

**ТАУДАЙ** сын. **1.** *Тау сияқты, тау тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлкен, ірі.* **3.** ауыс. *Көп, мол.* **4.** ауыс. *Еңселі, биік.*

**Таудай биік табыс.** *Зор жетістік, мол табыс.* **Таудай бол!** тілек. *Үлкен азамат болып өс деген мағынада.* **Таудай дене.** *Ебедейсіз үлкен, зор бітім.* **Таудай талап [үміт].** *Мұратқа жетуге деген зор ынта-ықылас.*

**ТАУЕШКІ** зат. зоол. *Мүйізі иір-иір тауда мекендейтін күйісқайыратын жұптұяқты сүтқоректі жануар.*

**ТАУЕШКІДЕЙ** сын. *Жабайы ешкідей.*

**ТАУЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Қотыроттың бір түрі; Жоңғар қотыраты.*

**ТАУЖАРАЛУ** зат. геол. *Жылдамдығы жер бетінің тегістелуіне бастайтын процестердің жылдамдығынан артық қарқынды тектоникалық қозғалыстардың ықпалымен тау құрылмаларының түзілу процесі.*

**ТАУЖУА** зат. өс. *Таулы жерде өсетін жуаның түрі.*

**ТАУЖЫНЫС** зат. геол. *Геологиялық үдерістер нәтижесінде қалыптасып, жеке-дара денелер түріндегі жер қыртысының құрамбөліктері болып табылатын, нақтылы құрам және құрылыс ерекшеліктерімен сипатталатын табиғи минералдық агрегаттар.*

**ТАУ-КЕН** зат. *Кен рудасы. // Таукен ісін үйрететін.*

**Тау-кен өндірісіндегі заряд.** кен. *Тұтасып жатқан қатты кенді (кентас, көмір т.б.) шетінен ұсатуға пайдаланылатын заряд.* **Тау-кен ісіндегі жіктелім.** кен. *Уатылған пайдалы қазыналар бөлшектерін ірілігіне, тығыздығына т.б. қарай өнімдерге (топтарға) ажыратып, топтастыру.*

**ТАУҚА** зат. этн. жерг. ***Тәйке*** *(асықтың алшысының қарсы жағы).*

**ТАУҚАЛАҚАЙ** зат. өс. *Ерінділгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік [Таудың тасты, құмды беткейлері мен шабындықтарында, орман шеттерінде өседі].*

**ТАУҚАНАТ** зат. жерг. ***Тауқымет.***

**Тауқанатын тартты.** *Азабын тартты, зиянын көрді.*

**ТАУҚАРҒА** зат. зоол. <лат. pyrrhocorax pyrrhocorax> *Тауда мекендейтін қарға.*

**ТАУҚАУЛЕН** зат. өс. *Таулы жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**ТАУҚУРАЙ** зат. өс. сөйл. ***Беткейшөп.***

**ТАУҚОНАҚ** зат. өс. <лат. setaria verticillata> *Шиқонақтың тауда жабайы өсетін түрі.*

**ТАУҚҰДІРЕТ** зат. зоол. <лат. gallinago> *Көбінесе көлді, батпақты жерде жүретін, аяғы, тұмсығы ұзын құс.*

**ТАУ-ҚҰЗ** зат. *Таулы-құзды жер.*

**ТАУҚҰМ: тауқұм сасыры.** өс. <лат. ferula taucumica> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің эндемик түрі.*

**ТАУҚЫ** зат. этн. ескікіт. *Асыл тастардан, маржаннан тізілген мойынға тағатын алқа.*

**ТАУҚЫМЕТ** зат. *Ауыртпалық, жоқшылық, азап, қиыншылық.*

**Тауқымет арқалады [көтерді, тартты, көрді].** *Басына түскен ауыртпалық пен азаптың бейнетін тартты.* **Тауқыметі өтті [өтіп болды].** *Бейнеті, ауырлығы шаршатты, қажытты.*

**ТАУҚЫМЕТТІ** сын. *Қиын, азапты.*

**ТАУЛА=** ет. жерг. *Бастыру, кузеу.*

**ТАУЛАУ** *Таула етістігінің қимыл атауы; мұрт, сақалды бастыру.*

**ТАУЛЫ** сын. *Тауы бар, тауы көп.*

**Таулы жердің тазысы.** *Кеуде жағынан бөксе жағы биіктеу, аяғы сіңірлі, мықты, мойны ұзын әрі жуандау, өте ашулы тазы түрі.* **Таулы сарышолақ.** өс. <лат. sideritis montana> *Тау беткейлерінде, кейде тыңайған жерлерде және жол жиектерінде арамшөп ретінде өсетін ерінгүлділер тұқымдасына жататын бір, көпжылдық өсімдік.* **Таулы үстірт.** геогр. *Мұхит деңгейінен 500 м-ден астам көтеріңкі орналасқан тегіс немесе сәл ойлы-қырлы жазық.*

**ТАУЛЫ-ТАСТАҚТЫ** сын. *Тауы мен тасы көп.*

**ТАУЛЫ-ТАСТЫ** сын. *Тауы, тасы бар.*

**ТАУМАЙЛАР** зат. этн. *Қыстауға кіреpде жасалатын жоралғы.*

**ТАУПИЫҚ** зат. ескікіт. ***Таупық.***

**ТАУПИЯЗ** зат. өс. *Жуаның тауда өсетін түрі.*

**ТАУПЫҚ** зат. көне. *Ынсап, нысап, қанағат.*

**ТАУПІСТЕ** зат. өс. *Биіктігі бес метрге жетеғабыл жаңғақ тұқымдас ағаш.*

**ТАУРАТ** зат. діни. ***Тәурат*** *(Мұса пайғамбардың қауымына Алла тағаладан түскен төрт кітаптың бірі).*

**ТАУСА=** ет. жерг. *Шайнау.*

**ТАУСАҒЫЗ** зат. өс. <лат. scorzonera> *Каучук тектес өсімдік.*

**ТАУСАМАҚ** зат. өс. *Жасаңшөп тұқымдасына жататын екіжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТАУСАРЫМСАҚ** зат. өс. *Таулы жерде өсетін сарымсақ түрі.*

**ТАУСИЫР** зат. жерг. *Сиырдың бір түрі, көбіне күш көлік ретінде арбаға жегетін сиыр.*

**ТАУСОҒАР** зат. миф. *Ертегідегі тау көтеретін қаһарман.*

**ТАУСЫЛ=** ет. *Біту, тамамдалу.*

**ТАУСЫЛТ=** ет. *Шаршату, қажыту, болдырту.*

**ТАУСЫЛТУ** *Таусылт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАУСЫЛУ** *Таусыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біту, тамамдалу.* **2.** ауыс. *Күні жетіп, қайтыс болу.* **3.** ауыс. *Қажу, тоқырау, шаршау.*

**ТАУСЫНШАҚ**[1] зат. *Жуылған сабынның қалдығы.*

**ТАУСЫНШАҚ**[2] сын. **1.** *Өте шығатын, бітетін; таусылуға айналған.* **2.** *Ақырғы, соңғы.*

**Таусыншақ күн.** *Лезде өте шығатын қысқа ғұмыр.*

**ТАУТАЙЛАҚ** зат. **1.** *Көне замандардағы бірлескен түркі тайпаларының жабайы түйеге қойған аты.* **2.** миф. *Тау-тасты қопарып, тілінің тиген жері опырылып түсетін құбыжық түйе.*

**ТАУТАН**[1] зат. зоол. <лат. gymnocephalus> *Ұсақ балықтың бір түрі; алабұға тұқымдас балықтар тұысы.*

**ТАУТАН**[2] зат. зоол. *Тау тағысы, барыстың ұрғашысы.*

**ТАУТАҢДА=** ет. *Тойтаңдау, тасыраңдау.*

**ТАУТАРЫ** зат. өс. *Таулы жерде өсетін, тары сияқты жабайы өсімдік.*

**ТАУ-ТАС** зат. *Тауы, тасы бар, таулы, тасты жер.*

**ТАУТАСПА** зат. өс. *Таспаның (таспашөптің) таулы жерде өсетін түрі.*

**ТАУ-ТАСТЫ** сын. *Тау-тасы көп.*

**ТАУ-ТАУ** сын. *Көп, мол, үйілген.*

**ТАУТЕКЕ**[1] зат. зоол. **1.** <лат. capra sibirica> *Жабайы ешкінің еркегі, текесі.* **2.** *Тауда жүретін терісі мен мүйізі, еті үшін ауланатын жабайы аң.*

**Таутеке тон.** этн. *Жүн бетін ішіне, иленген жағын сыртына қаратып таутекенің терісінен тіккен тон.*

**ТАУТЕКЕ**[2] зат. өс. *Таулы жерде өсетін, таутеке (аң) жейтін өсімдік.*

**ТАУТОБЫЛҒЫ: Алтай таутобылғысы.** өс. *Раушангүлдер тұқымдасының таутобылғы тұысына жататын бұта.*

**ТАУТОМЕРЛЕНУ** зат. хим. *Өзара біріне-бірі ауысатын құрылым изомерлері арасында жылжымалы тепе-теңдік пайда болатын құбылыс.*

**ТАУТОМЕРЛЕР** зат. хим. *Таутомерлену нәтижесінде түзілетін құрылымдық изомерлер.*

**ТАУ-ТӨБЕ** зат. **1.** *Тау мен төбелер.* **2.** *Жиналған үлкен үйінді.*

**ТАУФИҚ** зат. ескікіт. ***Таупық.***

**ТАУША** зат. *Тамүйдің қабырғасындағы ыдыс-аяқ қоятын қуыс.*

**ТАУШАЙ** зат. өс. *Шайқурайдың тауда өсетін түрі.*

**ТАУШАНА** зат. спорт. *Қарлы тау беткейлерінен түсу үшін темірмен қапталған алдыңғы басы қайқы, тақтайлардан жасалған құрал.*

**ТАУШЕШЕК** зат. өс. *Тек тауда ғана өсетін, биіктігі 10-30 см-дей көпжылдық өсімдік.*

**ТАУШЫҚ[1]** зат. *Кішкентай, шағын тау.*

**ТАУШЫҚ[2]** зат. өс. *Іле Алатауында өсетін, эндемик өсімдік.*

**ТАУШЫЛ** сын. *Тауды жақсы көретін, тауға жақсы жүретін.*

**ТАУШЫМШЫҚ** зат. зоол. *Таулы өңірлерді мекендейтін шымшық түрі.*

**ТАУШЫМЫЛДЫҚ** зат. өс. *Шұғынықтың бір түрі; жіңішке жапырақты шұғынық.*

**ТАУЫҚ** зат. **1.** *Қораз бен мекиен тобынан құралатын үй құсы.* **2.** *Мешін мен ит жылының аралығындағы жыл аты.*

**Тауық соқырлығы.** ***Тауыққөз.*** **Тауық жұмыртқасы.** тамақ. *Құрамында толыққанды ақуыздар, майлар, минералды заттар, А, Д, К, В дәрумендері бар, массасы 45–75 г тауық өнімі.*

**ТАУЫҚКЕТЕК** зат. жерг. *Тауыққұрке.*

**ТАУЫҚКӨЗ[1]** зат. мед. жерг. *Түнгі қараңғыда көрмейтін көз ауруы.*

**ТАУЫҚКӨЗ[2]** зат. өс. *Орман ішінде, шалғын арасында өсетін, хош иісті жидек.*

**ТАУЫҚҚҮРКЕ** зат. *Тауық тұратын қора, тауықхана.*

**ТАУЫҚНҰСҚА** зат. қолөнер. *Кестешіліктe кездесетін тауық бейнесі.*

**ТАУЫҚТАЙ** сын. *Тауық сияқты, тауық тәрізді.*

**ТАУЫҚТАРЫ** зат. өс. *Ылғалды жерлерде, күріш егістігінде, канал жиектерінде өсетін, биіктігі 20-100 см-дей, дәнді дақылдар тұысына жататын біржылдық өсімдік (арамшөп).*

**ТАУЫҚХАНА** зат. *Тауық тұратын қора, тауыққұрке.*

**ТАУЫҚШЫ** зат. *Тауық өсіруші, тауық асыраушы.*

**ТАУЫС** зат. зоол. <лат. pavo cristatus> *Әдемі қауырсынды, қырғауыл тектес құс.*

**ТАУЫС=** ет. *Бір нәрсені бітіру, аяқтау; шегіне жету.* **2.** ауыс. *Ажалы жету, өмірден озу.*

**ТАУЫСУ** *Тауыс етістігінің қимыл атауы; бітіру, аяқтау.*

**ТАФРОГЕНЕЗ** [грек. taphros – шұңқыр, genesis – пайда болу] зат. геол. *Жер қыртысында ірі тектоникалық жарылымдардың – лықсымалардың пайда болу процесі.*

**ТАХИЯТ** зат. діні. ескікіт. *Намаздың ішінде оқылатын дұға.*

**ТАХКИКИ: тахкики иман.** діни. *Санамен саралап, сезіммен қуаттап, зерттеп, іздену нәтижесінде толық көз жеткізуден болған иман.*

**ТАХҚИҚ** сын. *Анық, айқын, рас.*

**ТАХМАН** зат. жерг. *Үй ішіндегі текешенің үлкені.*

**ТАХЫТ** зат. ескікіт. ***Тақ.***

**ТАХУА** сын. ескікіт. ***Тақуа.***

**ТАҺАЖУД** зат. діні. *Түн ортасында оқитын нәпіл намаз түрі.*

**ТАҺАТ** зат. ескікіт. ***Тағат.***

**ТАҺАРАТ** зат. ескікіт. ***Дәрет.***

**ТАЧАНКА** ор. зат. әск. *Кеңес Одағы дәуірінде, азамат соғысы кезінде қолданыста болған пулеметтің бір түрі.*

**ТАЧКА** ор. зат. сөйл. *Тасымал үшін қолданатын доңғалақты қоларба түрі, тәшке.*

**ТАШАН** зат. жерг. *Тыныштық, тыным.*

**ТАШДИД** зат. лингв. *Араб тілінде бір дыбыстың қосарлана айтылуын білдіретін әріптаңбаның үстіне қойылатын белгі, шадда.*

**ТАШКЕ** [ор. тачка] зат. сөйл. ***Арба.***

**ТАЭКВОНДО** зат. спорт. *Қол мен аяқ арқылы қарсыласының шабуылына тойтарыс беруді көздейтін корейлердің әскери өнері, спорт түрі.*

**ТАЭКВОНДОШЫ** зат. спорт. *Таэквондомен шұғылданатын спортшы.*

**ТАЮ** *Тай етістігінің қимыл атауы; орнынан жылжып кету, тайғанақтау.*

**ТАЯ[1]=** ет. *Жақындау, жету.*

**ТАЯ[2]=** ет. *Сүйеу, тіреу.*

**ТАЯЗ** сын. **1.** *Терең емес, тайыз, саяз.* **2.** ауыс. *Ой өрісі шамалы, онша тереңге бара алмайтын.*

**ТАЯЗДА=** ет. *Азайып, түбіне жақындап, таяп қалу.*

**ТАЯЗДАН=** ет. *Таяздалу.*

**ТАЯЗДАНУ** *Таяздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯЗДАТ=** ет. *Таяз қылу.*

**ТАЯЗДАТУ** *Таяздат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯЗДАТЫЛ=** ет. *Таяз етілу.*

**ТАЯЗДАТЫЛУ** *Таяздатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯЗДАУ[1]** сын. **1.** *Терең емес, саяздау.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі шамалы, терең емес.*

**ТАЯЗДАУ[2]** *Таязда етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯЗДЫҚ** зат. **1.** *Терең еместік, саяздық.* **2.** ауыс. *Үстірттік, жеңіл-желпілік; ой-өрісінің терең болмауы.*

**ТАЯЗЫРАҚ** сын. **1.** *Тереңірек емес, таяздау.* **2.** ауыс. *Ой-өрісі саяздырақ, тым терең емес.*

**ТАЯҚ** зат. **1.** *Қолға ұстап, таянып жүретін ағаштан, темірден жасалған құрал.* **2.** ауыс. *Зәбір, зорлық-зомбылық.*

**Таяғы тиді.** *Жаманшылығы тиді, қиянат жасады.* **Таяғын ұстады.** *Жолын қуды, ізін басты.* **Таяқ астында жүрді.** *Қорлықпен өмір сүрді.* **Таяқ астында ұстады.** *Ұрып-соғып, күн көрсетпеді.* **Таяқ бойы.** этн. *Онша биік емес, аласа; таяқ бойының мөлшеріндей.* **Таяқ жеді.** а) *Соққы, тепкі көрді.* ә) *Ұрыс естіді, кінәлі болды.* **Таяққа жығылды.** *Таяқ жеді, соққы көрді.* **Таяққа ұшты.** *Таяқ жеді.* **Таяқ құрлы көрмеді.** *Елең қылмады, есепке алмады, көзге ілмеді.* **Таяқ тиді.** *Соққы жеді, сөгіс естіді.*

**ТАЯҚСЫЗ** сын. *Таяғы жоқ.*

**ТАЯҚТА=** ет. *Таяқпен ұру, сабау.*

**ТАЯҚТАЙ** сын. *Ұзын, сорайған; жуан.*

**ТАЯҚТАЛ=** ет. *Таяқ тию, таяқпен соққы алу.*

**ТАЯҚТАЛУ** *Таяқтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯҚТАС=** ет. *Таяқпен ұрғыласу, таяқ жұмсасу.*

**ТАЯҚТАСТАМ: таяқтастам жер.** этн. *Өте жақын жер, таяу маң, жақын-жуық аралықты білдіретін халықтық өлшем.* **Таяқтастар жер жоқ.** *Бос орын жоқ.*

**ТАЯҚТАСУ** *Таяқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯҚТАТ=** ет. *Ұрып-соққызу, сабату.*

**ТАЯҚТАТУ** *Таяқтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯҚТАУ** *Таяқта етістігінің қимыл атауы; ұрып-соғу, сабау.*

**ТАЯҚТЫ** сын. *Таяғы бар, таяқ ұстаған.*

**ТАЯҚША[1]** зат. *Кішкене таяқ.*

**ТАЯҚША[2]** зат. биол. <лат. bacillum> *Жұқпалы аурудың микроскоппен көрінетін құрты; бацилла.*

**ТАЯЛ=** ет. *Жақындау, жету, таяну.*

**ТАЯЛУ** *Таял етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯМУМ** зат. діні. *Дәрет алуға су жоқ болғанда немесе басқа да дәрет алуға мүмкіндік жоқта қолды топыраққа ұрып алатын дәрет түрі.*

**ТАЯН[1]=** ет. *Жақындау, жету, шақ қалу.*

**ТАЯН[2]=** ет. *Беліне (бүйіріне, мықымына т.б.) екі қолын қою, тіреу.*

**ТАЯНДЫР=** ет. *Сүйендіру.*

**ТАЯНДЫРУ** *Таяндыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯНТ[1]=** ет. *Жақындату.*

**ТАЯНТ[2]=** ет. *Екі қолын бүйіріне қойғызу.*

**ТАЯНТУ** *Таянт етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯНУ** *Таян етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯНЫС[1]=** ет. *Жақын отырысу, сүйенісу.*

**ТАЯНЫС[2]=** ет. *Белдеріне (бүйір, мықын) қолдарын қойысу, тіресуі.*

**ТАЯНЫСУ** *Таяныс етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯНЫШ[1]** зат. **1.** *Таянып, сүйеніп тұру үшін қажетті тіреу, сүйеніш.* **2.** *Талғажау, қорек.* **3.** ауыс. *Арқа сүйер тірек, сүйемел.* **4.** пед. *Бастапқы, бастауыш.*

**Таяныш етті.** *Сүйеу, тірек қылды.*

**ТАЯНЫШ[2]** зат. этн. *Киіз үй есігінің жақтау ағашы.*

**ТАЯТ=** ет. *Жақындату.*

**ТАЯТУ** *Таят етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯУ[3]** зат. кәс. *Қайықты орнынан қозғап шегеріп отыратын ұзын ағаш.*

**ТАЯУ[2]** сын. **1.** *Жақын, жуық.* **2.** *Іле-шала, аз (уақыт).* **3.** *Ұқсас, сәйкес, сол сияқты.*

**ТАЯУ[3]** *Тая етістігінің қимыл атауы.*

**ТАЯУДА** үст. *Жуырда, жақында.*

**ТАЯУЫРАҚ** сын. *Жақынырақ, жуығырақ.*

**ТӘБӘБӘТ** зат. жерг. көне. *Сыбаға, нәсіп.*

**ТӘБӘРІК** зат. **1.** діні. *Құранның бір аяты.* **2.** этн. *Өлген кісінің құдайысынан алған зат, киім, бұйым.* **3.** ауыс. *Олжа, үлес, сыйлық.*

**ТӘБӘРІКТЕЙ** үст. *Тәбәрік тәрізді, қасиетті.*

**ТӘБӘРІКТІК** сын. *Тәбәрік боларлық.*

**ТӘБДІЛ[1]** зат. ескікіт. *Тоқтау, бөгеу.*

**ТӘБДІЛ[2]** зат. көне. *Өзгеріс, ауысу.*

**ТӘБДІР** зат. сөйл. ***Тәбділ.***

**ТӘБЕНЕК** зат. жерг. *Шағын, ықшам, аласа.*

**ТӘБЕРКЕ** зат. кәс. *Ұсақ аспаптарды салып қоятын темір қалбыр.*

**ТӘБЕТ** зат. *Адамның асқа деген зауқы, көңіл қалауы.*

**Тәбетін ашты**. *Тамаққа деген ықыласын күшейтті.* **Тәбеті тартпады.** *Тамақ ішуге зауқы соқпады, көңілі қаламады.* **Тәбеті шапты [шаппады].** *Тамақ ішуге көңілі соқты, араны ашылды.*

**ТӘБИБ** зат. ескікіт. діні. *Емші, тәуіп.*

**ТӘБЕТСІЗ** үст. **1.** *Тәбеті болмай.* **2.** ауыс. *Қызықсыз, ықылассыз.*

**ТӘБЕТТЕН=** ет. *Тәбеті тарту, ашқарақтану.*

**ТӘБЕТТІ** сын. *Тәбеті жақсы, тамақты жақсы жейтін.*

**ТӘБІ** зат. жерг. *Еркі, қалауы, ықтияры.*

**ТӘБІМШЕ** үст. жерг. *Ойымша, пікірімше.*

**ТӘБІР** зат. өс. *Шөлді, шөлейтті жерлерде өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТӘЖ** зат. сөйл. ***Тәж.***

**Тәжі солды.** *Бақыты ұшты, қызығы сөнді.*

**ТӘЖ-ТАҚ** зат. *Хан, патшаның, корольдің арнаулы бас киімі мен басқару орны.*

**ТӘЖІ[1]** зат. жерг. *Дөңгелек пен арыстың арасындағы сым темір.*

**ТӘЖІ[2]** зат. жерг. *Адамның бетіне түсетін жара.*

**ТӘЖІ[3]** зат. жерг. *Қораздың (әтештің) төбесіндегі айдары.*

**ТӘЖІГҮЛ** зат. жерг. ***Гүлтәжі*** *(басы әтеш тәжіне ұқсайтын гүлдердің бір түрі; тәжіқораз).*

**ТӘЖІДАР** зат. көне. *Тәж иесі.*

**ТӘЖІК** зат. этнон. *Тәжікстанның жергілікті халқы; ұлт.*

**Тәжік тілі.** лингв. *Иран тілдерінің оңтүстік-батыс тобына жататын тәжік халқының ұлттық тілі.*

**ТӘЖІКЕ** зат. *Айтыс, тартыс, ұрыс, керіс, келеке.*

**Тәжіке етті [қылды].** *Ажуалады, күлкі, мазаққа айналдырды.*

**ТӘЖІКЕЛЕ=** ет. **1.** *Айыптау, кінәлау, ұрсу.* **2.** *Қалжың ету, келекелеу, келемеждеу.*

**ТӘЖІКЕЛЕС=** ет. *Біреумен сөзге келісу, айтысу, тартысу, керісу.*

**ТӘЖІКЕЛЕСТІР=** ет. *Керістіру, айтыстыру, тартыстыру.*

**ТӘЖІКЕЛЕСТІРУ** *Тәжікелестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЖІКЕЛЕСУ** *Тәжікелес етістігінің қимыл атауы; айтысып-тартысу.*

**ТӘЖІКЕЛЕУ** *Тәжікеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЖІКШЕ** үст. *Тәжік тілінде.*

**ТӘЖІКШІЛ** сын. *Тәжіктің тілін, ұлтын ұнататын, тәжікке жақын.*

**ТӘЖІҚОРАЗ** зат. өс. жерг. *Басы әтештің айдарына (тәжіне) ұқсап тұратын гүлдің түрі.*

**ТӘЖІМ: тәжім етті [қылды].** *Ізет қылды, бас иіп, құрмет көрсетті, сәлем берді.*

**ТӘЖІР** зат. көне. *Саудагер, сатушы.*

**ТӘЖІРИБЕ** зат. <грек. praktikos> *Белгілі бір істі үнемі істеумен, машықтанумен болатын жұмыс дағдысы.*

**Тәжірибе алаңы**. *Тәжірибе жұмыстары жүргізілетін, тәжірибе сабақтарын өткізетін орын.* **Тәжірибе жиды.** *Үйренді, көпті көрді.* **Тәжірибе жинады.** *Үйренді, тәлім алды.*

**ТӘЖІРИБЕЛЕН=** ет. сөйл. *Тәжірибе алу, үйрену, жаттығу.*

**ТӘЖІРИБЕЛЕНУ** *Тәжірибелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЖІРИБЕЛІ** сын. *Дағдылы, тәжірибесі бар.*

**Тәжірибелі психология.** *Психология ғылымының қолданбалы саласы.*

**ТӘЖІРИБЕЛІК** сын. *Тәжірибеге қатынасты, байланысты.*

**ТӘЖІРИБЕЛІЛІК** зат. *Тәжірибесі молдық, ысылғандық.*

**ТӘЖІРИБЕСІЗ** сын. *Тәжірибесі жоқ, әлі дағдыланбаған.*

**ТӘЖІРИБЕСІЗДІК** зат. *Тәжірибесі жоқтық, ысылмағандық.*

**ТӘЖІРИБЕХАНА** зат. *Тәжірибе жасалатын бөлме немесе үй; орын, зертхана.*

**ТӘЖІРИБЕШІ** зат. *Тәжірибе жүргізуші.*

**ТӘЖІТҰҚЫМ** зат. өс. *Масақты шөп.*

**ТӘЖІШӨП** зат. өс. *Айлауықтар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

**ТӘЗІР: тәзірін берді.** *Жазасын берді, сазайын тартқызды.*

**ТӘЙЕКЕ** зат. жерг. *Үлкен нағашы.*

**ТӘЙЕМ** зат. діни. сөйл. ***Таямум*** *(шариғат заңы бойынша, сусыз жерде алақанды жерге тигізіп, топырақпен бет сипау; дәрет алудың орнына жасалатын дағды).*

**ТӘЙЖІ** зат. көне. *Мансап атауы; мың түтінді басқаратын лауазым иесі.*

**ТӘЙКЕ**[1] зат. *Асықтың алшысына қарсы беті.*

**Тәйкесінен түсті.** *Ыңғайсыз құлады, сәтсіздікке ұшырады.*

**ТӘЙКЕ**[2] зат. жерг. *Тайынша.*

**ТӘЙКЕМДЕС=** ет. сөйл. *Тәжікелесу, қақтығысу, ренжісу.*

**ТӘЙМӨҢКЕ: тәймөңке кесе.** жерг. *Кесенің ең кішкене түрі.* **Тәймөңке тәсіл.** жерг. *Амал, айла, құлық.*

**ТӘЙӨГІЗ** зат. жерг. *Тайынша, тайөгіз.*

**ТӘЙПИ=** ет. сөйл. ***Тымпию.***

**ТӘЙТ** од. *Бір нәрсені тыю үшін зекіру, жекіру мағынасында айтылатын одағай сөз.*

**ТӘЙ-ТӘЙ** од. *Жас баланың аяғын басып жүре бастаған кезінде айтылатын сөз.*

**Тәй-тәй басты.** *Апыл-тапыл аяқ басты, енді-енді жүре бастады.*

**ТӘЙ-ТӘЙЛА=** ет. *Жаңа жүре бастаған жас баланы жетелеп жүргізу.*

**ТӘЙ-ТӘЙЛАУ** *Тәй-тәйла етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЙТЕРІ** зат. сөйл. ***Тайтері.***

**ТӘЙТІК** сын. **1.** *Бейбастақ, бетімен кеткен. // Бейбас, бұзық бетімен кеткен (бала).* **2.** *Ерке, бөспе, ұшқалақ.*

**ТӘЙТІКТЕ=** ет. *Өз бетімен ұшқалақтап жүру.*

**ТӘЙТІКТІК** зат. *Бейбастақтық, бетімен кеткендік.*

**ТӘЙІРІ** од. *Көңіл толмағандықты, менсінбеушілікті білдіретін сөз.*

**ТӘК** од. *Тынышталуға шақыратын одағай сөз (көбінесе жылқы малына айтылады).*

**Тәк тұрады.** *Айтқанына көнеді, дегенін істейді деген мағынада.*

**ТӘКАППАР** сын. *Өркөкірек, менмен, паң. // Өзін басқадан артық көріп, кеудесін көтеріп, жағымсыз қылық көрсететін адам.*

**ТӘКАППАРЛАН=** ет. *Көкірегін көтеру, менменсу.*

**ТӘКАППАРЛАНУ** *Тәкаппарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘКАППАРЛАУ** сын. *Менмендеу, паңдау, өркөкіректеу.*

**ТӘКАППАРЛЫҚ** зат. *Өркөкіректік, паңдық, менмендік.*

**ТӘКАППАРСУ** *Тәкаппарсы етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘКАППАРСЫ=** ет. *Менменсу, паң болғансу.*

**ТӘКБІР** зат. ескікіт. ***Тәкпір.***

**ТӘКИЕ: тәкие қылды.** *Аллаға сиынды.*

**ТӘКИЯ: тәкия қылды.** сөйл. ***Тәкие қылды.***

**ТӘКИТ** зат. жерг. ***Тиым.***

**ТӘКПІР** зат. діни. *Намаз кезінде Аллаға сиынып, ұлықтау дұғасы.*

**ТӘКПІШ** зат. *Қиындық, ауыртпалық.*

**ТӘК-ТӘК** од. *Еркіне жібермеу, тежеу мағынасындағы одағай сөз.*

**ТӘК-ТӘКТЕ =** ет. сөйл. *Сабырға шақыру, өзін-өзі тежеу.*

**ТӘКІБАЙ** зат. ойын. *Бас бармақтың ұшымен басты мытып жіберу ойыны; тайтұғыр, кері тұқыл, түйе тоғай.*

**ТӘКІРАРЛА=** ет. жерг. *Тәптіштеу, қайталау.*

**ТӘЛ** зат. жерг. **1.** *Желкенді көтеру жұмысын жеңілдететін арқан.* **2.** *Ауыр жүкті көтеретін блок.*

**ТӘЛЕЙ** зат. сөйл. ***Талай.***

**ТӘЛЕЙСІЗ** сын. сөйл. *Талайсыз, бақсыз.*

**ТӘЛИП** зат. көне. *Медреседе оқитын шәкірт, оқушы.*

**ТӘЛКЕК** зат. *Келеке, мазақ, келемеж.*

**Тәлкек етті.** *Ажуа-әзілге салды; күлкі-мазаққа айналдырды.* **Тәлкекке салды.** *Келеке етті, келемеждеді.*

**ТӘЛКЕКТЕ=** ет. *Мазақтау, келекелеу, келемеждеу.*

**ТӘЛКЕКТЕС=** ет. *Келекелесу, келемеждесу.*

**ТӘЛКЕКТЕСУ** *Тәлкектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛКЕКТЕУ** *Тәлкекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛКЕКШІЛ** сын. *Мазақтағыш, келемеждегіш.*

**ТӘЛПІШ** сын. жерг. *Ерке, шолжың, жеңілтек, ұшқалақ.*

**ТӘЛПІШТЕН=** ет. *Жеңілтектену, ұшқалақтау.*

**ТӘЛПІШТЕУ** сын. *Еркелеу, шолжаңдау, ұшқалақтау.*

**ТӘЛПІШТІК** зат. *Еркелік, шолжыңдық.*

**ТӘЛТЕК**[1] зат. сөйл. ***Тәлкек.***

**ТӘЛТЕК**[2] елік. сөйл. ***Тәлтірек.***

**Тәлтек қақты.** *Тәлтіректеді, қалт-құлт етті.*

**ТӘЛТЕКТЕ=** ет. *Тәлкектеу, келекелеу, мазақтау.*

**ТӘЛТЕҢДЕ=** ет. *Әпіл-тәпіл басу, теңселе басу.*

**ТӘЛТЕҢ-ТӘЛТЕҢ** үст. экспр. *Әпіл-тәпіл.*

**ТӘЛТИ=** ет. *Қалқию, жарбию.*

**ТӘЛТИЮ** *Тәлти етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛТІРЕ=** ет. сөйл. ***Тәлтіректеу.***

**ТӘЛТІРЕК** елік. *Денесін түзу ұстай алмай, бұралаң, қисалаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**ТӘЛТІРЕКТЕ=** ет. *Аяғын жөндеп баса алмай бұралаңдау, қисалаңдау.*

**ТӘЛТІРЕКТЕУ** *Тәлтіректе етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛТІРЕКТЕҢКІРЕ=** ет. *Тәлтіректей түсу, тәлтіректей беру.*

**ТӘЛТІРЕКТЕТ**= ет. *Дір-дір еткізіп, аяғын әрең-әрең бастырту.*

**ТӘЛТІРЕКТЕТУ** *Тәлтіректет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛІМ** [ар. تعليم] зат. *Үлгі, өнеге, тәрбие.*

**Тәлім алды.** ә) *Үлгі алды, өнеге тұтты.* ә) *Сабақ тыңдады, білім алды.* **Тәлім берді.** *Үлгі берді, үйретті.*

**ТӘЛІМБАҚ** зат. *Өсімдіктер мен жануарларды қолдан өсіретін орын, жай.*

**ТӘЛІМГЕР** [ар. ир. تعلیمگر] зат. **1.** *Үлгі-өнеге үйретуші, тәрбиеші.* **2.** пед. *Жеке және топтық кәсіби оқытуды тікелей жұмыс орнында іске асырушы адам.*

**ТӘЛІМГЕРЛІК** сын. *Ұстаздық, үйретушілік.*

**ТӘЛІМДЕ=** ет. *Үйрету, көрсету, тәрбиелеу.*

**ТӘЛІМДЕМЕ** зат. әск. *Әртүрлі әскер бөлімдері мен бөлімшелерінің және арнайы әскердің ұрыс әрекеттерін, сондай-ақ атқыш, артиллериялық және басқа қарулардың, аспаптарының, техникалық құралдарының және т.б. жекелеген түрлерінің қолдану тәсілдерін анықтауға арналған құжаттар.*

**ТӘЛІМДІ** сын. *Үлгілі, өнегелі, көргенді.*

**ТӘЛІМДІК** зат. сөйл. *Өнегелік, ұлгілік.*

**ТӘЛІМДІЛІК** зат. *Үлгілілік, өнегелілік.*

**ТӘЛІМСУ** *Тәлімсі етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛІМСУШІЛІК** зат. *Тәлімсінгендік, бәлсінгендік.*

**ТӘЛІМСІ=** ет. *Әлдеқандай болу, бәлсіну, кергу.*

**ТӘЛІМСІЗ** сын. *Өнегесіз, ұлгісіз, тәрбиесіз.*

**ТӘЛІМСІЗДІК** зат. *Өнегесіздік, тәрбиесіздік.*

**ТӘЛІМСІТ=** ет. *Бәлсінту, кергіту.*

**ТӘЛІМСІТУ** *Тәлімсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ** зат. *Көрсетілген жөн-жоба, ұлгі, өнеге.*

**Тәлім-тәрбие алды.** *Үлгі алды, өнеге үйренді.* **Тәлім-тәрбие берді.** *Үлгі көрсетті, өнегелі болуға үйретті.*

**ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК** сын. *Үлгі, өнеге боларлық.*

**ТӘЛІМШІ** зат. *Тәлімгер ұстаз.*

**ТӘЛІМШІЛ** сын. *Талғампаз, кірпияз.*

**ТӘЛІМІ** сын. *Егінді суармай-ақ, қуаңшылық жағдайда өсіретін (жер, егістік).*

**Тәлімі бидай [арпа].** *Суғарылмайтын жерге өскен бидай (арпа).* **Тәлімі жер.** *Суармалы егіншілік аудандарындағы егісті суармай өсіретін жерлер.*

**ТӘЛІП** зат. діни. *Үйренуші, оқушы.*

**ТӘЛІФ** зат. көне. *Шақыру.*

**ТӘМАМДА=** ет. сөйл. ***Тамамда.***

**ТӘМАМДАЛ=** ет. сөйл. ***Тамамдал.***

**ТӘМӘМ** есім. сөйл. ***Тамам.***

**Тәмәм болды.** *Таусылды, түгесілді.*

**ТӘМӘРБУТА** зат. лингв. *Араб әліпбиіндегі үстінде екі нүктесі бар һә әрпінің аты.*

**ТӘММАТ-ТӘМӘМ** үст. *Бітті, таусылды.*

**ТӘМПЕҢДЕ=** ет. *Жас баланың аяғын жиі әрі апыл-тапыл басуы; тәлтіректеп әрең жүру.*

**ТӘМПЕҢДЕУ** *Тәмпеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘМПИ=** ет. *Мұрынның қысқа, келте бітуі; тайпию.*

**ТӘМПИЮ** *Тәмпи етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘМПІК** сын. сөйл. ***Тәмпіш.***

**ТӘМПІШ** сын. *Кішкене келген, қысқа, келте (мұрын). // Мұрны келте, қысқа кішкене келген адам (бала, қыз).*

**Тәмпіш мұрын.** *Тәмпиген кішкене мұрын.*

**ТӘМПІШТЕУ** сын. *Мұрны келтелеу, қысқалау.*

**ТӘМПІШТІК** зат. *Мұрынның тәмпіш болып келгендігі, тәмпигендік, келтелік.*

**ТӘМСІЛ** [ар.] зат. **1.** *Өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме, үлгілі сөз.* **2.** жерг. *Әңгіме, сөз.*

**ТӘН**[1] [ир. تن] зат. *Адамның денесі, тұла бойы.*

**Тән азабын шектірген зорлық.** құқық. *Адамның ағзасына тікелей әсер ету; ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, түрлі тәсілдермен азаптап-қинау т.б.* **Тән жыртты.** *Қыздың абыройын төкті.* **Тән құмарын іздеді.** *Бос құмарлыққа салынды, желікті.* **Тәннен шықты.** *Естен шықты.* **Тәнін асырады [бақты].** *Тән қажетін күйттеді.* **Тәніне балта ұрды.** *Істеген жаманшылықтарына қатты өкінді.* **Тәні өртенді [күйді, жанды].** *Құштарлығы артты, уайымдады, қайғы-мұңға батты.* **Тәні тозды.** *Қартайды, кәрілік басты.* **Тән рақаты [ләззаты].** *Ішу, жеу, нәпсі қызығушылығы.* **Тән саулығы.** *Дененің амандығы, бүтіндігі, он екі мүшенің толық жұмыс істеп, таза болуы.*

**ТӘН**[2] сын. *Біреуге, бір нәрсеге қатысты, телулі.*

**Тән алды.** *Болған, өтіп кеткен істі мойындады.* **Тән алмады.** жерг. *Мойындамады, қабылдамады.*

**ТӘНӘПІС** зат. *Сабақ кезінде, қызмет яки, жиналыс уақытында болатын үзіліс.*

**ТӘНДІК** зат. *Біреуге тән болғандық, қатыстылық.*

**ТӘНТІ=** ет. **1.** *Өте риза болу, сүйсіну.* **2.** *Қайран қалу, таңдану, таңырқау; қызығу.*

**Тәнті болды.** *Риза болды, сүйсінді; қайран қалды.* **Тәнті қылды [етті].** *Риза етті, сүйсіндірді, қайран қалдырды, қызықтырды.*

**ТӘНТІЛІК** зат. *Ризашылық, сүйсінгендік; қызығушылық.*

**ТӘН-ТІН: тән-тін қылды.** жерг. *Бөлек-бөлек қылды.*

**ТӘНУИН** ар. зат. *Араб сөзінің соңында кездесетін қос фатха, қос кәсра, қос дамма.*

**ТӘНХА** үст. жерг. *Жеке, өз алдына.*

**ТӘНІРЕК** сын. *Біреуге, бір нәрсеге аздаған қатысы бар; тәндеу.*

**ТӘҢЕРТЕҢ** үст. сөйл. ***Таңертең.***

**ТӘҢІР** зат. діни. **1.** *Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла тағала.* **2.** ауыс. *Құдіретті күш иесі; пір.*

**Тәңір айдап келді.** *Жаратқан иенің жазуымен, Алланың әмірімен, дәм-тұз бұйырып келді.* **Тәңір алғыр [алсын].** қарғ. *Құры, жоғал, өл!* **Тәңір атқан.** *Құдай ұрған, көк соққан, оңбаған.* **Тәңір атқыр.** қарғ. *Құдай ұрғыр, көк соққыр.* **Тәңір атты.** *Құдай ұрды, көк соқты.* **Тәңір бетін ары қылсын.** тілек. *Құдай сақтасын, ондайдан аулақ етсін деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Тәңірге жазды.** *Жазықты (күнәһар) болды.* **Тәңірге құлшылық етті.** *Құдайға жалбарынды, жаратушыға сиынды.* **Тәңірден сұрады.** *Құдайдан тілек тіледі.* **Тәңірдің сүйген пендесі.** *Алланың жақсы көретін құлы, күнәдан таза адам.* **Тәңір добы.** поэт. *Тәңірдің, Алланың қолындағы нәрсе.* **Тәңір жазса.** *Құдай бұйыртса, дәм тартса.* **Тәңір жарылқағыр [жарылқасын]!** *Құдай оңдағыр, жаманшылық көрмегір!* **Тәңір жарылқап.** *Сәті түсіп, құдай оңдап.* **Тәңір жарылқасын!** а) алғыс. *Алла разы болсын, рақмет деген мағынадағы біреуге риза болғанда айтылатын сөз.* ә) өтініш. *Құдай үшін, Алла тағала үшін деген мағынадағы біреуден бір нәрсені немесе істі орындауды сұрағанда айтылатын сөз.* **Тәңірі жарлығын күтті.** бейн. *Тағдырдың жазғанын, Құдайдың бұйырғанын тосты.* **Тәңірім бос қойды.** *Алла ризықсыз, несібесіз, сауапсыз немесе жауапсыз қалдырды.* **Тәңірінің дәргаһынан қуылды.** *Тәңірдің қаһарына ұшырады, қарсы келді.*

**ТӘҢІРДЕЙ** сын. *Тәңір сияқты.*

**ТӘҢІРҚҰТ** зат. көне. *Ғұндардың ең жоғары билеушісінің лауазымы.*

**ТӘҢІРЛІК** сын. *Тәңірге тән; құдіретті.*

**ТӘҢІРСУ** *Тәңірсі етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘҢІРСІ=** ет. *Өзін құдай санау; күштісіну, мықтысыну.*

**ТӘҢІРСІН=** ет. *Күштісіну, мықтысыну.*

**ТӘҢІРСІНУ** *Тәңірсін етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘҢІРСІТ=** ет. *Тәңірге балату.*

**ТӘҢІРШЕ** үст. *Тәңір сияқты, Алла тәрізді.*

**ТӘҢІРШІЛДІК** зат. діни. *Көктегі құдіретті күш – бір Тәңірге табыну болып табылатын түркі халықтарының ежелгі сенімі.*

**ТӘҢІР-ИЕ** зат. діни. *Алла, Құдай, Жаратқан.*

**ТӘҢІРІ** зат. сөйл. ***Тәңір.***

**ТӘП: тәп етті.** *Дәлме-дәл болды, жараса кетті.*

**ТӘП: тәп тұрды.** жерг. *Дәл тұрды, айтқан сөзді бұлжытпай орындады.*

**ТӘПЕЙЛЕ: тәпейлеп сөйледі.** жерг. *Пысық, шырақ сөйледі.*

**ТӘПЕК** сын. сөйл. ***Тәпелтек.***

**ТӘПЕЛ** сын. сөйл. ***Тапал.***

**ТӘПЕЛЕК** сын. жерг. *Тәпелтек, аласа.*

**ТӘПЕЛТЕК** сын. *Аласа, тапал, бәкене.*

**ТӘПЕЛТЕКТЕУ** сын. *Аласалау, тапалдау.*

**ТӘПЕЛТЕКТІК** зат. *Аласалық, тапалдық, бәкенелік.*

**ТӘПЕНЕ** сын. жерг. *Аласа, тапал.*

**ТӘПЕНЕК** сын. сөйл. ***Тәпелтек.***

**ТӘПЕТІ** сын. сөйл. ***Тәпелтек.***

**ТӘПКІ** [ор. тапка] зат. *Үй ішінде киіп жүретін жұқа, жеңіл кебіс.*

**ТӘПСІР** [ар. تفسير] зат. діни. *Құрандағы ұғымдар мен ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін анықтама, түсініктеме.*

**Тәпсір оқыды.** діни. *Құранның араб тілінен аударылып, мәтініне берілген түсініктерді жазуға қарап, іштей немесе дауыстап қайталап шықты.*

**ТӘПСІРЛЕ=** ет. *Құрандағы ұғымдар мен сөздерге анықтама беру, түсіндіру.*

**ТӘПСІРЛЕУ** *Тәпсірле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘПСІРШІ** зат. діни. *Діни ұғымдарға түсініктеме беруші.*

**ТӘП-ТӘТТІ** сын. **1.** *Тым тәтті, балдай.* **2.** ауыс. *Жағымды, ұнамды; жанға жайлы.*

**ТӘП-ТӘУІР** сын. *Жап-жақсы, әжептәуір.*

**ТӘПТЕШ** зат. *Ресми басқару орындарында, заң орындарында күдікті адам туралы алдын ала жүргізілетін іс; тәптіш.*

**ТӘПТЕШТЕ=** ет. сөйл. ***Тәптіште.***

**ТӘПТЕШТЕУ** *Тәптеште етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘПТІШ** сын. *Толық қамтыған, жан-жақты.*

**Тәптішке алды.** *Қазбалап сұрады, тәптіштеді.*

**ТӘПТІШТЕ=** ет. *Бір нәрсені жан-жақты баяндау, рет-ретімен ұқыптап айтып беру.*

**ТӘПТІШТЕЛ=** ет. *Ашық-айқын етілу, ретімен баяндалу.*

**ТӘПТІШТЕЛУ** *Тәптіштел етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘПТІШТЕУ 1.** *Тәптіште етістігінің қимыл атауы.* **2.** *Әңгіменің, сөздің бас-аяғын қайта-қайта айтқызып, бірнеше рет сұрақ қойып, тексеріп сөйлеу.*

**ТӘПІ** зат. жерг. *Судың арнасына шығып жайылып жатуы.*

**ТӘПІШКЕ** [ор. тапочка] зат. *Өкшесіз жеңіл аяқкиім.*

**ТӘР**[1] зат. жерг. *Дәстүр, әдет-ғұрып.*

**ТӘР**[2] зат. жерг. *Мәніс, мән, рет.*

**ТӘРӘЙЛІ** зат. жерг. *Әдет-ғұрып, салт, дәстүр.*

**ТӘРБИЕ** [ар. تربية] зат. **1.** *Жеке тұлғаның адамдық бейнесін қалыптастырып, өмірге бейімдеу үшін жүргізілетін игі әрекет, тәртіп пен мінез-құлық дағдысы.* **2.** *Жеке адамды идеялық, саяси, адамгершілік, эстетикалық т.б. жағынан қалыптастырудағы жүйелі процесс.*

**Тәрбие алды.** *Үлгі, өнеге үйренді, тәрбиеленді.* **Тәрбие әдістері.** пед. *Ересектер мен балалар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастардан туындаған, балалардың тіршілік, әрекет, қарымқатынастарын ұйымдастырып, белсенділігін арттырып, тәртіпке келтіруді көздейтін тәрбиелік әрекеттестік тәсілдерінің жиынтығы.* **Тәрбие берді.** *Жақсы нәрсеге үйретті, үлгі көрсетті.* **Тәрбие жұмысы.** пед. *Жастарды жақсы әдеттер мен дағдыларға үйретудегі жоспарлы іс.* **Тәрбие көрді.** *Үлгі, өнеге үйренді, тәлім алды.* **Тәрбие қылу.** *Тәрбиелеу, үлгі-өнеге беру.* **Тәрбие мектебі.** пед. *Тәлім-тәрбие көрсететін орын, үлгі, өнеге үйренетін жер.* **Тәрбие сағаты.** пед. *Мектеп оқушылары мен студенттерді әртүрлі өнегелі іске тәрбиелеу үшін арнайы бөлінген сағат.* **Тәрбиесіне алды.** *Біреуді тәрбиелеуге келісім берді, тәрбиеледі.* **Тәрбиесінде болды [өсті].** *Біреудің тәрбиесін көрді, үлгі-өнегесін үйренді.*

**ТӘРБИЕЛЕ=** ет. **1.** *Өнегелі іске үйрету, өнер-білімге баулып өсіру.* **2.** *Адамның сана-сезімін, мінез-құлқын жетілдіру.*

**ТӘРБИЕЛЕН=** ет. **1.** *Тәрбие алу, өсіп, ер жету.* **2.** *Өнегелі іс үйрену, өнер-білімге баулыну.*

**ТӘРБИЕЛЕНУ** *Тәрбиелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРБИЕЛЕНУШІ** зат. *Біреудің тәрбиесін көрген, тәрбиеленген адам.*

**ТӘРБИЕЛЕС=** ет. *Бірге тәрбие ісін жүргізу.*

**ТӘРБИЕЛЕСУ** *Тәрбиелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРБИЕЛЕТ=** ет. *Өзгеге тәрбие бергізу.*

**ТӘРБИЕЛЕТУ** *Тәрбиелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРБИЕЛЕУ** *Тәрбиеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өнегелі іске үйрету, тәрбие беріп, өсіру.* **2.** *Сана-сезімді, мінез-құлықты жетілдіру, дамыту.*

**ТӘРБИЕЛЕУШІ** зат. *Біреуге тәрбие беруші, бір нәрсені үйретуші.*

**ТӘРБИЕЛЕУШІЛІК** зат. *Тәрбие берушілік, бір нәрсеге үйретушілік.*

**ТӘРБИЕЛІ** сын. *Жақсы тәрбиеленген, үлгілі, өнегелі, әдепті.*

**Тәрбиелі жігіт.** *Отбасында алған тәлімі мол, сыпайы, мәдениетті, адал, арам ойдан аулақ жігіт.*

**ТӘРБИЕЛІК** сын. *Үлгі, өнеге боларлық, тәрбие аларлық.*

**Тәрбиелік әлеуметтану.** пед. *Қоғамның тәрбиелік күшін, адамды әлеуметтендіру процесін, әлеуметтік институт ретінде тәрбиені зерттейтін ғылым саласы.* **Тәрбиелік жағдаят.** пед. *Оқушылардың оқудағы және оқудан тыс іс-әрекеттерінің көрінісі.* **Тәрбиелік қарым-қатынас.** пед. *Баланы дамытуға, яғни оның өзін-өзі тәрбиелеуіне, өздігінен білімін жетілдіруіне бағытталған қарым-қатынас.*

**ТӘРБИЕЛІЛІК** зат. *Жақсы тәрбиеленгендік, әдептілік, үлгілілік.*

**ТӘРБИЕСІЗ** сын. *Тәрбие көрмеген, өнегесіз, әдепсіз.*

**ТӘРБИЕСІЗДІК** зат. *Тәрбие көрмегендік, әдепсіздік, өнегесіздік.*

**ТӘРБИЕШІ** зат. *Жастарға тәрбие беру жұмысымен айналысатын адам; тәрбие жұмысын жүргізуші, тәрбиелеуші.*

**ТӘРБИЕШІЛДІК** зат. *Тәрбиелілік, тәртіптілік.*

**ТӘРБИЕШІЛІК** зат. *Тәрбие берушілік, ұстаздық.*

**ТӘРБИЯТ** зат. ескікіт. ***Тәрбие.***

**ТӘРЕКЕЙ: тәрекейге түсті.** *Талқыға түсті, қыспаққа түсті, қиындыққа жолықты.*

**ТӘРЕЛКЕ** [ор. тарелка] зат. *Тамақ құйып ішетін жиегі көтеріңкі, түбі жайпақ дөңгелек пішінді ыдыс.*

**ТӘРЕПІ** зат. жерг. *Ораза уақытындағы қас қарайған кездегі намаз; тарауық.*

**ТӘРЖІБАНД** [ир. ترجيع بند] зат. *Сюжетін, желісін, оқиғасын сақтап жасалған дастан, жырлардың аудармасы.*

**ТӘРЖІМА** зат. сөйл. ***Тәржіме.***

**ТӘРЖІМАЛА=** ет. сөйл. ***Тәржімеле.***

**ТӘРЖІМАЛАН=** ет. сөйл. ***Тәржімелен.***

**ТӘРЖІМАН** [ар. ترجمان] зат. *Аудармашы.*

**ТӘРЖІМЕ** [ар. ترجمة] зат. *Бір тілден екінші тілге аудару ісі; аударма.*

**Тәржіме етті [қылды].** *Бір тілден екінші тілге аударды.*

**ТӘРЖІМЕЛЕ=** ет. *Бір тілден екінші тілге аудар.*

**ТӘРЖІМЕЛЕН=** ет. *Басқа тілге аударылу.*

**ТӘРЖІМЕЛЕНУ** *Тәржімелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРЖІМЕЛЕС** зат. *Бірлесіп аударма жасау.*

**ТӘРЖІМЕЛЕС=** ет. *Аударма жасасу.*

**ТӘРЖІМЕЛЕСУ** *Тәржімелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРЖІМЕЛЕУ** *Тәржімеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРЖІМЕШІ** зат. *Бір тілді екінші тілге аудару ісімен шұғылданушы маман, аудармашы.*

**ТӘРЖІМЕШІЛІК** зат. *Аудару ісімен шұғылданушылық, аудармашылық.*

**ТӘРК:** [ар. ترك] **тәрк етті [қылды, болды].** *Дүниеден безді, талақ етті.* **Тәрк етпеді.** *Сыйлады, бағалады.*

**ТӘРКЕЙ** зат. *Тартыс, талас.*

**ТӘРКЕШ** зат. жерг. **1.** *Ақ киізден жасалып, жемдеп өрнек кесте тігіп, ішіне ыдыс-аяқ салып қоятын қалта.* **2.** *Шыбықтан тоқылған, шыныаяқ салатын ыдыс, кәрзеңке.*

**ТӘРКІ: тәркі дүние [болды].** діни. *Адамның бұл дүниелік қызықтардан бас тарту ниеті; тақуа, сопы болғандық.*

**Тәркі қылды.** Тіршіліктен безді, талақ етті.

**ТӘРКІЛ: тәркіл дүние.** ***Тәркі дүние.***

**ТӘРКІЛЕ=** ет. *Заңсыз дүниені тұтқындау, мүлікті, ақшаны, т.б. сот шешіміне сәйкес мемлекет меншігіне мәжбүрлі түрде өтеусіз алу.*

**ТӘРКІЛЕН=** ет. *Мүлік, ақша т.б. сот шешіміне сәйкес мемлекет меншігіне мәжбүрлі түрде өтеусіз алыну.*

**ТӘРКІЛЕНУ** *Тәркілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРКІЛЕУ**[1] сын. *Қызықсыз, бейжай.*

**ТӘРКІЛЕУ**[2] *Тәркіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРНЕК** зат. жерг. *Қауынның ұлкендігі қиярдай, сопақша келген, тез пісетін түрі.*

**ТӘРТЕ** зат. *Арба-шананың көлік жегетін жетек ағашы; арыс.*

**Тәртесі қысқа.** *Ой-өрісі тар, ақылы аз.*

**ТӘРТЕДЕЙ** сын. *Тәрте сияқты.*

**ТӘРТІКЕМ** зат. жерг. ойын. *Төрт адам ойнайтын асық ойыны.*

**ТӘРТІП** [ар. ترتيب] зат. **1.** <лат. disciplina> *Белгілі бір қоғам не ұйым мүшелеріне ортақ, орындалуы міндетті, қалыптасқан ереже, заң, жүйе.* **2.** *Бір нәрсенің жөні, реті.* **3.** *Жеке адамның мінез-құлқы.* **4.** сөйл. *Қаулы.* **5.** *Әдет-ғұрып, салт.*

**Тәртіп берді.** жерг. *Бір нәрсені істеуге бұйырды.* **Тәртіп бұзды.** *Қалыптасқан, дағдылы ережені сақтамады, тәртіпсіз қылық жасады, заңға қайшы келді.* **Тәртіп бұзушы.** ресми. *Қандай да бір қоғамдық ортада қалыптасқан әдеп, жүріс-тұрыс ережелерін орындамайтын, оларды сақтамайтын адам.* **Тәртіпке келтірді [келді].** *Жөнге түсірді, реттеді.* **Тәртіпке салу.** *Жөнге келтіру, ретке түсіру.* **Тәртіпке түсті.** *Ретке келді, жөнге түсті.* **Тәртіпке шақырды.** *Тәртіпті бол дегенді ескертті, тәртіпті болу керектігін айтты.* **Тәртіптен тайды.** жерг. *Тәртіпке бағынбады.* **Тәртіп орнатты.** *Белгілі бір ереже, тәртіпті қалыптастырды, жөнге түсірді, ретке келтірді.* **Тәртіп сақтады.** *Тәртіпті болды, бұзақылық, өрескел қылық жасамады.*

**ТӘРТІПКЕР** зат. *Тәртіпті қадағалаушы.*

**ТӘРТІППЕН** үст. *Тәртіп сақтап, ретімен.*

**ТӘРТІПСІЗ** сын. *Қалай болса, солай, ретсіз, жүйесіз.*

**ТӘРТІПСІЗДЕУ** сын. *Сөлекеттеу, жөнсіздеу.*

**ТӘРТІПСІЗДІК** зат. *Тәртібі жоқтық, бетімен кеткендік, жүгенсіздік, тентектік.*

**ТӘРТІПТЕ=** ет. *Жөнге келтіру, реттеу.*

**ТӘРТІПТЕЛ=** ет. *Жөнге келтірілу, реттелу, жүйелену.*

**ТӘРТІПТЕЛУ** *Тәртіптел етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРТІПТЕЛІН=** ет. *Реттеліну, жүйелену.*

**ТӘРТІПТЕЛІНУ** *Тәртіптелін етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРТІПТЕН=** ет. *Жүйелену, реттелу.*

**ТӘРТІПТЕНДІР=** ет. *Тәртіпке түсіру.*

**ТӘРТІПТЕНДІРУ** *Тәртіптендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРТІПТЕНУ** *Тәртіптен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРТІПТЕУ** *Тәртіпте етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРТІПТІ** сын. **1.** *Тәртібі жақсы, үлгілі, өнегелі.* **2.** *Жүйелі, іргелі.*

**ТӘРТІПТІЛІК** зат. *Тәртіпті болушылық, үлгілілік, өнегелілік.*

**ТӘРТІПШІЛ** сын. *Тәртіп сақтауды жақсы көретін, тәртіпқұмар.*

**ТӘРІЗДЕН=** ет. *Бір нәрсе секілді болып көріну, сияқтану, ұқсау.*

**ТӘРІЗДЕНДІР=** ет. *Ұқсаттыру, сияқтандыру.*

**ТӘРІЗДЕНДІРУ** *Тәрізендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРІЗДЕНУ** *Тәрізден етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘРІЗДЕС** шыл. *Сияқты, секілді, сықылды; ұқсас.*

**ТӘРІЗДЕСТЕУ** сын. *Сияқтылау, секілділеу; ұқсастау.*

**ТӘРІЗДІ** шыл. *Сияқты, секілді; ұқсас, тәріздес.*

**ТӘРІЗДІЛІК** зат. *Сияқтылық, секілділік.*

**ТӘРІЗІ** мод. *Бір нәрсе туралы анық, дәл білмей, болжамды түрде айтылғанда қолданылатын сөз; шамасы, сірә.*

**ТӘРІК** зат. сөйл. ***Тәрк.***

**ТӘС: тәсі қайтты.** *Тауы қайтты, беті қайтты.*

**ТӘСӘТТУР: тәсәттур ету.** діни. *Әйел адамның орануы.*

**ТӘС: тәс орамал.** жерг. *Қол орамал.*

**ТӘСБЕЙІЛ: тәсбейіл қылды.** жерг. *Бөгелді, қарайлады.*

**ТӘСБИҚ** зат. сөйл. ***Таспиқ.***

**Тәсбиқ тартты [аударды, салды].** *Аллаға жалбарынып, тілек тіледі.*

**ТӘСБИЫҚ** зат. сөйл. ***Таспиқ.***

**ТӘСЕЙІЛ** зат. *Ақыл-кеңес, айла-тәсіл.*

**ТӘСЕЛДЕМ** зат. жерг. *Тәсіл, айла, құлық.*

**ТӘСЛИМ: тәслим болды.** ескікіт. *Көнді, мойындады.*

**ТӘСПИҚ** [ар. تسبيح] зат. сөйл. ***Таспиқ.***

**ТӘСПІ** [ар. تسبيح] зат. діни. *Діни адамдар Аллаға сиыну дұғаларын жаңылмай оқу үшін қолдарына ұстап, санап, тартып, аударыстырып отыратын моншақтар тізбегі; жіпке тізілген бүршақ; таспиқ.*

**Тәспі аударды.** *Тәспінің бүршағын жылжытып санады, тәспі тартты.* **Тәспі тартты [қайтарды].** *Тәспісін қолына алып, бүршақтарын санай отырып жылжытты.*

**ТӘСПІШЕ** үст. *Тәспі тәрізді, тәспіге ұқсап.*

**ТӘСІЛ** зат. **1.** *Белгілі бір істі орындап шығу үшін қолданылатын әдіс, айла.* **2.** мат. *Белгілі бір есепті шешуде қолданылатын амал.*

**ТӘСІЛГӨЙ** сын. сөйл. ***Тәсілқой.***

**ТӘСІЛГӨЙЛІК** зат. сөйл. ***Тәсілқойлық.***

**ТӘСІЛДЕМЕ** зат. ***Әдістеме.***

**ТӘСІЛДЕН=** ет. *Бір нәрсені істеуге төселу, жаттығу.*

**ТӘСІЛДЕНДІР=** ет. *Жаттықтыру, төселдіру.*

**ТӘСІЛДЕНДІРУ** *Тәсілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘСІЛДЕНУ** *Тәсілден етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘСІЛДЕС** шыл. *Тәріздес, ұқсас.*

**ТӘСІЛДІ** сын. *Тәсілі, амалы бар, әдісі мол.*

**ТӘСІЛДІРЕК** сын. *Тәсілі басым; айлалырақ, әдістірек.*

**ТӘСІЛҚОЙ** сын. *Айла-амалы, тәсілі көп, әдісі мол.*

**ТӘСІЛҚОЙЛАУ** сын. *Айласы басымдау, әдістілеу.*

**ТӘСІЛҚОЙЛЫҚ** зат. *Амал, әдісі көптік; айлакерлік.*

**ТӘСІЛҚОР** сын. *Тәсілқой, әдісшіл.*

**ТӘСІЛҚОРЛЫҚ** зат. *Тәсілшілдік, әдісшілдік.*

**ТӘСІЛНАМА** зат. *Жүзеге асырылуға тиісті жұмыстың реті, әдісі көрсетілген нұсқаулар жиынтығы.*

**ТӘСІЛСІЗ** сын. *Айла-амалы жоқ, әдіссіз.* // *Айла, амал, тәсіл болмайынша.*

**ТӘСІЛСІЗДІК** зат. *Тәсілі жоқтық, әдіссіздік.*

**ТӘСІЛШІЛ** сын. *Тәсілі көп, айла-амалы мол, әдісшіл.*

**ТӘСІЛШІЛДІК** зат. *Тәсілі көптік, айлакерлік, тәсілқойлық.*

**ТӘСІЛІМ**[1]**: жан тәсілімде [жан тәсілімге келгенде].** *Өлер шақта, көз жұмар кезде.*

**ТӘСІЛІМ**[2]**: тәсілім қылу.** *Мойынсұну, тәнті болу.*

**ТӘСІП: тәсіп етті.** а) *Таласты, бәсекелесті.* ә) *Мақтады.*

**ТӘТЕ** зат. **1.** *Бірге туған жасы үлкен қыз; әпке.* **2.** *Бірге тумаған, бірақ сыйлайтын, құрметтейтін жасы үлкен әйел адам; апай.* **3.** жерг. *Әке.* **4.** *Бірге туған аға, жасы үлкен туыс.*

**ТӘТЕЖАН** зат. *Жасы үлкен әйел адамға қарата ізетті немесе жалынышты түрде айтылатын сөз; тәтетай.*

**ТӘТЕЙ** зат. *Жасы үлкен әйел адамға құрметпен айтылатын атауыш сөз, апай.*

**ТӘТЕЛБЕК** зат. бот. *Құмды жерде өсетін, малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**ТӘТЕЛЕ=** ет. сөйл. *Тәте, тәте деп айту; тәтелеп жаны қалмау.*

**ТӘТЕЛЕУ** *Тәтеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘТЕТАЙ** зат. *Жасы үлкен әйел адамға, тәтеге қарата жалынышты, өтінішті түрде айтылатын атауыш сөз; апатай.*

**ТӘТПҮШ: тәтпүшын тартты**. *Қиындық көрді, азабын тартты.*

**ТӘТПІШТЕ=** ет. сөйл. ***Тәптіште.***

**ТӘТТІ** сын. **1.** *Дәмі бал, қант, кәмпит сияқты; тіл үйіретін.* **2.** *Дәмді, нәрлі, жұғымды, сіңімді.* **3.** ауыс. *Артық, қымбат.* **4.** ауыс. *Жанға жайлы, жағымды, сүйкімді.* **5.** ауыс. *Ынтымақты, тату, сыйлас.* // *Өмірдің қызығы, рақаты, жақсы жақтары.*

**Тәтті ауыздың дәмі кетті**. *Орынсыз айтылған сөз, әңгіме қарым-қатынасқа қаяу түсірді.* **Тәтті бұрыш.** *Алқа тұқымдасына жататын көкөніс өсімдігі ретіндегі бұрыштың хош иісті әрі ащы емес болатын жемісі.* **Тәтті күлкі.** *Тартымды, сыр жасырғыш, қызықтыратын күлкі.* **Тәтті мұңға батырды.** *Мұңайды, сағыныш пен мұң аралас, бір жағымды күйге енді.* **Тәтті мінез.** *Сүйкімді қылық, мінез.* **Тәтті сезім.** поэт. *Рақат, ләззатты көңіл күй.* **Тәтті сөз.** *Жайлы әңгіме, көңілге қонымды сөз.* **Тәтті тамыр [түбір].** бот. *Қант қызылшасының жемісі.* **Тәтті тіл.** *Жақсы сөз.* **Тәтті ұйқы.** *Алаңсыз, рахат ұйқы.* **Тәтті ұйқыға батты.** *Рахат ұйқы құшағына енді.* **Тәтті үміт.** поэт. *Жағымды ой-арман, болашаққа деген пәк сенім.*

**ТӘТТІ-ДӘМДІ** сын. *Жылы-жұмсақ, жақсы (тамақ).*

**ТӘТТІКАРТОП** зат. өс. *Тропикада өсетін, жеуге жарамды картоп тәрізді өсімдік.*

**ТӘТТІҚАРА** зат. бот. *Өте ерте пісетін, жемісінің түсі қара болатын жүзім сорты.*

**ТӘТТІҚҰМАР** сын. *Тәттіні жақсы көретін, кәмпитке, қантқа өш.*

**ТӘТТІЛЕ=** ет. *Тәтті ету, дәмді қылу.*

**ТӘТТІЛЕН=** ет. **1.** *Тәтті болу, дәм кіру.* **2.** ауыс. *Сүйкімді болу, жағымды әсер ету.*

**ТӘТТІЛЕНУ** *Тәттілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘТТІЛЕП** ү с т. *Тіл үйіретіндей етіп, дәмден.*

**ТӘТТІЛЕУ**[1] с ы н. *Аздап тәтті, тәттірек.*

**ТӘТТІЛЕУ**[2] *Тәттіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘТТІЛІК** з а т. **1.** *Тәтті болғандық, тіл үйіретіндік.* **2.** *Дәмділік, нәрлілік, жұғымдылық.* **3.** а у ы с. *Жанға жайлылық, жағымдылық, сүйкімділік.* **4.** а у ы с. *Татулық, ынтымақтық, сыйластық.*

**ТӘТТІ-МӘТТІ** з а т. с ө й л. *Кәмпит, қант т.б. тәтті тағамдар деген мағынада.*

**ТӘТТІРЕК** с ы н. **1.** *Тәттілеу, дәмдірек.* **2.** *Жағымдырақ, сүйкімдірек.*

**ТӘТТІСІН=** е т. *Тәтті көру, тәтті деп білу.*

**ТӘТТІСІНУ** *Тәттісін етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘТТІТАМЫР** з а т. б о т. <лат. glycyrrhiza uralensis> *Миятамыр.*

**ТӘТТІШИЕ** з а т. б о т. <лат. cerasus avium> *Раушангүлділер тұқымдас жапырақ тастайтын шие туысы ағашы; жеміс дақылы.*

**ТӘУ** ү с т. ж е р г. *Алғаш, бірінші рет; әуелі.*

**Тәу баста.** ж е р г. ***О баста.***

**ТӘУ: тәу айырды.** д і н и. *Кітап көтеріп, бата берді.*

**ТӘУ: тәу етті.** *Қасиетті деген нәрсеге басын иіп, маңдайын тигізді; тағзым етті, сиынды.*

**ТӘУАЗУ** д і н и. *Қарапайым мінезділік.*

**ТӘУАП** з а т. с ө й л. ***Тәуәп.***

**ТӘУӘП** [ар. طواف] з а т. д і н и. *Қажылық рәсімдерін атқаруда Қағбаны айналу, киелі, қасиетті санап құрмет көрсету әрекеті.*

**Тәуап етті [қылды].** *Тәу етті, бағыштады.*

**ТӘУБА** з а т. с ө й л. ***Тәубе.***

**Тәубаға келді.** *Шүкіршілік етті, басылды.* **Тәуба қылды.** с ө й л. ***Тәубе қылды.***

**ТӘУБАЛА=** е т. *Тәуба айту.*

**ТӘУБАХАНА** з а т. *Тәубаға келтіретін орын.*

**ТӘУБӘ** с ө й л. ***Тәубе.***

**ТӘУБЕ** [ар. توبه] з а т. *Тағдырға ризалық, шүкіршілік.*

**Тәубе етті [қылды].** *Шүкіршілік етті; асылық жасамады.* **Тәубе келтірді.** *Шүкіршілік етті, тәуба қылды.* **Тәубеге келді.** д і н и. *Бір Аллаға сиынып, кешірім сұрады, іштей күнәсына күйініп, мойындады, шүкіршілік етті.* **Тәубесіне [тәубеге] келтірді [түсірді].** *Құдайын танытты, сазайн тарттырды.* **Тәубесінен жаңылды [жазды].** *Құдайды ұмытты, әділ жолдан тайды.* **Тәубесін ұмытты.** *Ешкіммен санаспады; күпірлік етті.* **Тәубесі есіне [аузына] түсті.** *Құдайды есіне алды; үрейі ұшты, қорықты.* **Тәубесі [тобасы] қабыл болды.** д і н и. *Тілегі орындалды.*

**ТӘУБЕЛЕ=** е т. *Шүкіршілік қылу; тәубе деу.*

**ТӘУБЕЛЕУ** *Тәубеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУБЕЛІК** с ы н. *Тәубе етерлік, шүкірлік.*

**ТӘУБЕСІЗ** с ы н. *Шүкіршілік етпеген, қанағатсыз.*

**ТӘУБЕ-ТАУПЫҚ** з а т. *Шүкіршілік, сабыр.*

**ТӘУБЕХАТ** з а т. *Тәубеге келіп жазған хат.*

**ТӘУБЕШІЛ** с ы н. *Шүкірлік еткіш, қанағатшыл.*

**ТӘУБЕШІЛІК** з а т. *Шүкіршілдік, қанағатшылдық.*

**Тәубешілік етті [жасады].** *Шүкіршілік қылды, қанағат тұтты.*

**ТӘУГІ** ү с т. ж е р г. *Ең алғашқы, бастапқы, тұңғыш.*

**ТӘУЕ** з а т. ж е р г. *Тәйке, тәуке (асықтың тегіс жағы).*

**ТӘУЕ: тәуе етті.** с ө й л. *Сиынды, бас иді.*

**ТӘУЕКЕЛ** [ар.توكل] з а т. **1.** *Бір іске жалтақтамай батыл кірiскендік, белді бекем буынғандық.* **2.** п с и х о л. *Қалай аяқталатыны анық емес және табысты болмаған жағдайда жағымсыз салдары болуы мүмкін іс-әрекеттің жағдаяттық сипаттамасы.* **3.** э с к. <франц. risque> *Жүзеге асырмақ іс-шаралардың сәтсіз болып шығуының ықтимал қаупі, осындай қауіпке байланысты іс-шаралардың өздері.*

**Тәуекелге басты [салды, барды].** *Бір іске тәуекел деп кірісіп кетті.* **Тәуекелге бел байлады [буды].** *Іштей бекінді, тәуекел деп бір іске кірісті.* **Тәуекелге беку.** *Бір іске жалтақтамай батыл кірісуді ұйғару, белін бекем байлау.* **Тәуекелге бел будырды.** *Бір істі орындауға батыл ниеттенді, ойын жүзеге асыруға шындап кірістірді.* **Тәуекелдің қатесін белге буды.** *Дұрыс екеніне көз жеткізбей-ақ әрекетке барды, бір істі қолға алды.* **Тәуекелдің тонын киді.** п о э т. *Тәуекелге бел буды, не де болса кіріспек болды.* **Тәуекел етті [қылды].** *Бір іске бел шешіп, батыл кірісті, неге де болса көнбекші болды.* **Тәуекел деп тас жұтты.** *Бір іске бел шешіп, батыл кірісті, іштей бекінді.* **Тәуекел қайығы.** бейн. *Бір іске ниет қылып, бел буып кірісуге бастайтын, сол істің орындалуына құрал болатын нәрсе.* **Тәуекел тобы.** п е д. *Араласқан ортасының нормасы мен талаптарына сәйкестене алмаған түрлі психикалық және әлеуметтік бейімсіз балалар тобы.* **Тәуекел хаққа байланды.** д і н и. *Тәуекелге бел байлады [Діни түсінік бойынша, тәуекел еткен адамды Алла тағаланың өзі қолдайды].*

**ТӘУЕКЕЛДІК** з а т. **1.** *Тәуекел еткендік, бел шешіп кірiскендік.* **2.** *Келеңсіз зардаптарға ұшырататын оқиғалардың басталу ықтималдығы.* **3.** э к о н. *Қызмет шарттарының кездейсоқ өзгеруіне байланысты күтілген табыстың, мүліктің, ақшалай қаражаттың болжанбаған шығынға ұшырау қаупі.*

**ТӘУЕКЕЛСІЗ** с ы н. **1.** *Тәуекел етпейтін, тәуекел жасамайтын.* **2.** *Тәуекел етпейінше, батылдық жасамайынша; бел шешіп кіріспей.*

**ТӘУЕКЕЛШІ** з а т. *Тәуекел етуші.*

**ТӘУЕКЕЛШІЛ** с ы н. *Тәуекел еткіш, батыл, өжет.*

**ТӘУЕКЕЛШІЛДІК** з а т. *Тәуекел еткіштік, батылдық.*

**ТӘУЕКЕЛШІЛІК** з а т. *Тәуекелге барушылық, батылдық.*

**ТӘУЕЛДЕ=** е т. **1.** *Тәуелді ету, бағынышты қылу, меншіктеу.* **2.** л и н г в. *Сөзге тәуелдік жалғауыш жалғау.*

**ТӘУЕЛДЕН=** е т. **1.** *Тәуелді болу.* **2.** л и н г в. *Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншіктелуі.*

**ТӘУЕЛДЕНДІР=** е т. *Тәуелдік жалғауын жалғаттыру.*

**ТӘУЕЛДЕНДІРУ** *Тәуелдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУЕЛДЕНУ** *Тәуелден етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУЕЛДЕУ** *Тәуелде етістігінің қимыл атауы; тәуелдік жалғауын жалғау.*

**ТӘУЕЛДЕУЛІ** с ы н. *Біреуге тәуелденген, бағынышты.*

**ТӘУЕЛДІ** с ы н. *Біреуге, бір нәрсеге бағынышты, байланысты.*

**Тәуелді болды.** *Біреуге, бір нәрсеге бағынышты болды.* **Тәуелді етті [қылды].** *Бағынышты қылды, тәуелдендірді.* **Тәуелді септеу.** л и н г в. *Септік жалғауларының зат есім немесе зат есім қызметін атқаратын басқа сөздердің тәуелді түрлеріне жалғануы.*

**ТӘУЕЛДІК** з а т. *Бағыныштылық, тәуелділік.*

**Тәуелдік жалғау.** л и н г в. *Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін арнаулы морфологиялық тұлға.*

**ТӘУЕЛДІЛІК** з а т. **1.** *Бағыныштылық, байланыстылық.* **2.** и н ф. <ағыл. dependence> *Функция мен оның аргументтері арасындағы қатынас; мәліметтер базасындағы мәліметтер ассоциациясы.*

**ТӘУЕЛЖІ: тәуелжі қалды.** *Момақансыды, мүсәпірсіді, мүләйімсіді.*

**ТӘУЕЛСУ** *Тәуелсі етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУЕЛСІ=** е т. *Тәуелді, бағынышты болып көріну.*

**ТӘУЕЛСІЗ** с ы н. **1.** *Ешкімге, еш нәрсеге бағынышты емес; байланыссыз.* **2.** с а я с и-қ ұ қ ы қ. *Өз саясатын, билігін өз еркімен жүргізуге қабілетті.*

**Тәуелсіз ақпарат құралдары.** *Мемлекеттік емес ақпарат құралдары.* **Тәуелсіз баспасөз.** *Мемлекеттің ресми баспасөзден бөлек беймемлекеттік басылым түрлерінің жиынтық атауы.* **Тәуелсіз ел.** *Бостандық алған ел, өз билігі өзінде, ешкімге бағынышты емес ел.* **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.** с а я с и. *Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамында республикалар құрған Әзербайжан, Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Ресей, Украина, Беларусь елдерінен тұратын мемлекетаралық ұйым (қысқартылған түрде ТМД).*

**ТӘУЕЛСІЗДІК** з а т. **1.** *Біреуге бағынышты еместік; еркіндік, бостандық.* **2.** с а я с и қ ұ қ ы қ. *Мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі.*

**ТӘУЕП:** [ар. طواف] **тәуеп қылу**. *Қасиетті жер, мекенге барып сиыну.*

**ТӘУЕТ** з а т. с ө й л. ***Дәуіт*** (2).

**Тәуeт бас.** *Әдемі, тік, сұлу бас.* **Тәуeт сіркесі** дәрі. *Ұзындығы жұмыртқа тәрізді, сарғыш қоңыр түсті, жұқа қағаз тектес зат. [Несеп тоқтамағанда, аяқ-қол әлсізденгенде, бел шаншып ауырғанда қолданылады].*

**ТӘУЕТТЕ=** е т. *Әдемілеу, сәндеу.*

**ТӘУЕТТЕЙ** с ы н. *Тәуeт сияқты.*

**ТӘУКЕН** з а т. б о т. <лат. stenocoelium> *Жемісінің үстін қалың түк жапқан, сабағы тік, жапырақтары жіңішке шөптесін өсімдік.*

**ТӘУКЕНШІК** с ы н. *Сүйкімсіз.*

**ТӘУЛІК** з а т. *Күн мен түнді қоса есептегенде ұзақтығы 24 сағатқа тең уақыт, мерзім.*

**Тәулік бойы.** *Күні, түні, толық 24 сағат.*

**ТӘУЛІКТЕЙ** ү с т. *Тәулік шамасындай.*

**ТӘУЛІКТЕП** ү с т. *Тәулік бойы, күні-түні.*

**ТӘУЛІКТІК** с ы н. **1.** *Тәулікке қатысты, тән.* **2.** *Тәулікке жететін, тәулік шамасындай.*

**ТӘУМЕНДІ** с ы н. *Тәу ететін, жаппай табынатын.*

**ТӘУМҮЖІК** с ы н. с ө й л. *Әбден мүжілген, тозған (кетпен).*

**ТӘУПИҚ** [ар. توفيق] з а т. д і н и. *Сабыр, қанағат.*

**ТӘПИҚСЫЗ** с ы н. д і н и. *Сабырсыз, қанағатсыз.*

**ТӘУПЫҚ** з а т. с ө й л. ***Тәупиқ.***

**ТӘУРАТ** з а т. д і н и. *Көктен түскен төрт кітаптың бірі, еврейлердің діни кітабы; Торо.*

**ТӘУТИ=** е т. *Ұсқынсыз мыжырайып көріну; қалтию, селтию.*

**ТӘУТИТ=** е т. *Қалтиту, селтиту.*

**ТӘУТИТУ** *Тәутит етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУТИЮ** *Тәути етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘУФИҚ** з а т. е с к і к і т. ***Тәупиқ.***

**ТӘУФИҚСЫЗ** с ы н. е с к і к і т. ***Тәупиқсыз.***

**ТӘУШЕ** з а т. *Жеміс ағашының гүл ашып, жеміс салатын бүршігі; түйін.*

**ТӘУШЕЛІ** с ы н. *Тәушесі бар, тәуше шыққан.*

**ТӘУІП** [ар.طبيب] з а т. *Ауырған адамның тамырын ұстап, ушкіріп, ем-дом жасаушы, емші; балгер.*

**ТӘУІПДӘРІ** з а т. ө с. <лат. plantago major> *Жолжелкеннің түрі; үлкен жолжелкен.*

**ТӘУІПТЕЙ** с ы н. *Тәуіп сияқты.*

**ТӘУІПТІК** з а т. *Тәуіп болып, ем-дом жасаушылық; балгерлік.*

**Тәуіптік жасады [құрды].** *Ескіше ем-дом жасады, дем салды, ушкірді; балгерлік етті.*

**ТӘУІПШІЛДІК** з а т. с ө й л. ***Тәуіпшілік.***

**ТӘУІПШІЛІК** з а т. *Ескіше ем-дом жасаушылық, балгерлік.*

**ТӘУІР** с ы н. **1.** *Біршама жақсы, оңды, дұрыс.* **2.** *Ауруынан жазыла бастаған, айыққан, сауыққан.*

**Тәуір болды**. а) *Жөн болды, дұрыс болды.* ә) *Ауруынан жазылды, сауықты, айықты.* **Тәуір көреді**. *Жақсы көреді, ұнатады.* **Тәуір тартты**. *Тәуірлене бастады, айыға бастады.*

**ТӘУІРЛЕ=** ет. *Тәуір, жақсы ету, дұрыстау.*

**ТӘУІРЛЕН=** ет. **1.** *Біршама жақсару, түзелу, жөнделу.* **2.** *Ауруынан жазылу, сауығу.*

**ТӘУІРЛЕНУ** *Тәуірлен етістігінің қимыл атауы; жазылу, сауығу.*

**ТӘУІРЛЕП** үст. *Жақсылап, әдемілеп, оңдап.*

**ТӘУІРЛЕУ** сын. **1.** *Жақсырақ, оңдырақ.* **2.** *Ауруынан жазылыңқыраған.*

**ТӘУІРЛІК** зат. **1.** *Жақсылық, оңдылық; жөні түзулік.* **2.** *Ауруынан жазылып кеткендік, айыққандық, сауыққандық.*

**ТӘУІРМИЯ** зат. өс. <лат. glycyrrhiza aspera> *Далалы, шөл-шөлейтті жерлерде өсетін, биіктігі 5–40 см-дей, бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТӘУІРІРЕК** сын. *Жақсырақ, оңдырақ, дұрысырақ.*

**ТӘШЕК** зат. *Өріктің, т.б. сүйегі, дәні.*

**ТӘФСІР** зат. ескікіт. ***Тәпсір.***

**ТӘФУАТ** [ар.تفاوت] зат. ескікіт. *Ерекшелік, қасиет.*

**ТӘХСИЛ** [ар.تحصيل] зат. *Оқу төлемі, қаражат.*

**ТӘШКЕ** [ор. тачка] зат. сөйл. *Тұтқасын қолмен ұстап, ілгері итеріп, жүк таситын, жалғыз дөңгалақты қоларба.*

**ТӘШКЕЛЕП** үст. *Тәшке-тәшке етіп, тәшкені толтырып.*

**ТӘШКЕШІ** зат. *Тәшкемен жұмыс істеуші, тәшке айдаушы.*

**ТӘШКӨМ** зат. *Көлікпен сүйрететін бөрененің басына қағылатын шығыршықты жуан шеге.*

**ТӘШМҮШКЕ** зат. *Әшмүшкенің жартысы.*

**ТӘШПАҚ** зат. жерг. *Жеңіл-желпі жасала салған тезек.*

**ТӘШТЕК** сын. *Аласа, тапал. // Аласа, тапал адам.*

**ТӘШТИ=** ет. **1.** *Бойы кіп-кішкентай болып шәлтию.* **2.** ауыс. *Ширену, шітірею, шәнию, маңғаздану.*

**ТӘШТИТ**[1] зат. линг. *Араб орфографиясында бір әріптің екі рет қайталанғанын білдіретін белгі, таңба.*

**ТӘШТИТ**[2] зат. жерг. *Қораздың басындағы айдары.*

**ТӘШТИТ=** ет. *Танауын көтеру.*

**ТӘШТИТУ** *Тәштит етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘШТИЮ** *Тәшти етістігінің қимыл атауы.*

**ТӘШІР** зат. жерг. *Бекіренің ұсақ түрі.*

**ТВИСТ** [ағыл. twist] зат. *XX ғасырдың 60 жылдары танымал болған жұп болып тез билейтін ырғақты би.*

**ТВИТТЕР** [ағыл. twitter] зат. ақп. *Танымал халықаралық электрондық әлеуметтік желі.*

**ТВОРЧЕСТВО** зат. *Шығармашылық (ой қызметі арқылы жаңадан мәдени, әдеби, өнер туындысын жасау ісі).*

**ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ** сын. *Творчествоға қатысты, шығармашылыққа тән.*

**Творчестволық лаборатория.** *Шығармашылық зертхана (ой еңбегі қызметкерлерінің жұмыс істеу тәсілі, әдісі; тәжірибесі).*

**ТЕ** шыл. *Да/де, та/те ыңғайластық жалғаулықтарының жіңішке түрі.*

**ТЕАТР**[1] [грек. theatron] зат. **1.** *Драмалық шығармаларды актерлер күшімен сахнада бейнелеу, ойнау өнері.* **2.** *Драмалық шығармаларды қоятын, ойын-сауық көрсететін орын-жай.* **3.** *Драмалық шығармалар жиынтығы.*

**Театр декорация өнері.** театр. *Декорация, киім-кешек, әртүрлі жарықтар мен қойылымдық техника арқылы спектакльдің бейнелі де көркем образын жасау өнері; сахналық безендіру өнері.* **Театр шымылдығының ашылуы.** бейн. *Театрлық қойылымның басталуы.* **Театрдағы импровизация.** өнер. *Мәтінсіз сахналық сауықтарда әртістің өзі ойнайтын рөлінің сөздерін алдын ала дайындықсыз жанынан көркемдеп шығаруы.*

**ТЕАТР**[2] зат. әск. *Жеке географиялық шайқас ауданы және осы аудан шегіндегі жер үсті, теңіз немесе әуе қимылдары.*

**ТЕАТРЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Театрлық көрініс етіп қойылу.*

**ТЕАТРЛЫҚ** сын. *Театрға тән, театрға қатысты.*

**ТЕАТРТАНУ** зат. *Театр өнерінің теориясы мен практикасын, тарихын зерттейтін ғылым.*

**ТЕАТРТАНУШЫ** зат. *Театр саласын зерттейтін адам.*

**ТЕАТРШЫ** зат. *Театрда ойнайтын адам.*

**ТЕАТРШЫЛ** сын. *Театрға көп барғыш, театрқұмар.*

**ТЕБЕ: тебе тігу**. қолөнер. *Түйреп алып тігуге келмейтін тері, былғары сияқты материалдарды сол қолмен шымшып ұстай отырып, оң қолдағы инені екі саусақпен әрлі-берлі өткермелеп отырып тігу.*

**ТЕБЕГЕН** сын. *Теуіп жіберетін, маңына жолатпайтын (жылқы).*

**Тебеген бие**. *Маңына жан жолатпайтын, жиі тебетін бие.*

**ТЕБЕЙ** зат. жерг. *Төбетей, тақия.*

**ТЕБЕЛДІРІК** зат. жерг. *Самаурынның түтін өшіргіші.*

**ТЕБЕЛЕ=** ет. жерг. *Таптау, аяққа басу.*

**ТЕБЕН**[1] зат. *Көзі үлкен, өзі жуан әрі ұзын ине; жуалдыз.*

**Тебен мұрт**. *Тікірейген жуан мұрт.* **Тебен сүйек**. анат. *Жіліншікке жанаса өсетін жіңішке ұзынша сүйек.*

**ТЕБЕН**[2] зат. *Мәдени-техникалық дақылдардың сепкеннен кейінгі жер бетіне біркелкі болып өніп шыға бастаған кезеңі.*

**Тебен болды**. жерг. *Тебендеп шықты.*

**ТЕБЕНБАЛЫҚ** зат. зоол. *Ұзындығы 60 см, салмағы 220 г болатын, Каспий теңізі мен Қара теңізде кездесетін балық.*

**ТЕБЕНДЕ**[1]**=** ет. сөйл. **1.** *Көктеу, көктеп шығу, тебіндеу.* **2.** *Өсу, шығу (сақал-мұртқа қатысты айтылады).*

**ТЕБЕНДЕ**[2]**=** ет. *Тебен инемен тігу.*

**Тебендеп жинады**. *Тиындап жиып-терді, майдалап жиды.*

**ТЕБЕНДЕЙ** сын. *Тебен сияқты.*

**ТЕБЕНДЕН=** ет. *Қалыңдану, қалың болып өсу.*

**ТЕБЕНДЕУ** *Тебенде етістігінің қимыл атауы; тебен инемен тігу.*

**ТЕБЕНСІЗ** сын. *Тебені жоқ.*

**ТЕБЕРІК** зат. сөйл. ***Тәбәрік***[2].

**ТЕБЕТЕЙ** зат. *Тымақ, бөрік ішінен ер адамдар киетін дөңгелек тақия.*

**ТЕБЕТЕЙЛІ** сын. *Басына тебетей киген, тебетейі бар.*

**ТЕБЕТЕЙЛІК** сын. *Тебетей боларлық, тебетей тігерлік.*

**ТЕБУ** *Теп етістігінің қимыл атауы.*

**Тебу күші.** физ. *Молекулалардың бір-бірінен алшақтау кезіндегі электромагниттік әсері.* **Тебе тігу.** кәс. *Тепшу сияқты түйреп алып, тігуге келмейтін тұтқыр материалды сол қолмен шымшып ұстап отырып, оң қолдағы инені екі саусақпен әрлі-берлі өткермелеп отырып тігетін тігіс түрі.*

**ТЕБУШІ** зат. *Бір нәрсені тебетін адам.*

**ТЕБІЗ**[1] зат. көне. *Бұзық, қиаңқы, тентек.*

**ТЕБІЗ**[2] зат. жерг. *Шөбі қалың ойпаң жер.*

**ТЕБІЗ**[3] зат. өс. <лат. orthantha> *Гүлінің түсі сары болып келетін, шалғынды жерде өсетін гүлді өсімдік.*

**ТЕБІЗДІК** зат. *Еркіндік, бостаншылдық.*

**ТЕБІЗДЕ=** ет. *Байлап-матау.*

**ТЕБІЛ=** ет. **1.** *Теуіп жіберілу.* **2.** *Тепкіге ұшырау.* **3.** *Кері серпілу, алшақтатылу.*

**ТЕБІЛУ** *Тебіл етістігінің қимыл атауы; кері серпілу, алыстатылу.*

**ТЕБІН**[1] зат. *Малдың тұяғымен тарпып, аршып жейтін қар астында қалған шөп; қысқы жайылым.*

**ТЕБІН**[2] зат. жерг. *Құдықтың түбі.*

**ТЕБІН=** ет. **1.** *Жан-жануардың тұяқ серпуі.* **2.** *Мініс көлігін жүргізу үшін оның екі бүйірінен үстіндегі адамның аяқпен соққылауы.* **3.** ауыс. *Ашу шақыру, зіл тастау; тепсіну.*

**ТЕБІНГІ** зат. *Салт атты адамның балтыры мен тақымын қажамау әрі шалбардың балағын аттың терінен сақтау үшін тоқымға тігілген немесе ерге жалғастырыла салынған жалпақ былғары.*

**Тебінгіден тер, қабырғадан қар жаудырды**. *Ойран салды, ойсыратып кетті.* **Тебінгісін тоздырды**. *Үнемі ат үсті жүрді.* **Тебінгі терге шірімей.** *Ат сабылтып, сарсылып сапар шекпей.*

**ТЕБІНГІДЕЙ** сын. **1.** *Алақандай, оймақтай, кішкентай.* **2.** *Көлемді, үлкен, жалпақ.*

**ТЕБІНГІЛЕС** сын. *Тең, қатар.*

**ТЕБІНГІЛІ** сын. *Тебінгісі бар.*

**ТЕБІНГІЛІК** зат. *Көліктің тебінгі тұратын жері; қаптал, бүйір.*

**ТЕБІНДЕ**[1]**=** ет. *Қар астындағы шөпті аяғымен тарпып, ашып жеу; қар басқан жайылымға жайылу.*

**ТЕБІНДЕ**[2]**=** ет. **1.** *Көк шөптің көктеп шығуы, қылтиып көрінуі.* **2.** *Сақал-мұрттың жаңадан қаулап шыға бастауы.* **3.** ауыс. *Сыртқа шығу, байқалу, көрініс беру.*

**ТЕБІНДЕЛ=** ет. *Жердің шөбінің мал жайылған соң азаюы.*

**ТЕБІНДЕЛУ** *Тебіндел етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНДЕН=** ет. *Жаңа шыға бастау.*

**ТЕБІНДЕНУ** *Тебінден етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНДЕС** сын. *Мал жайылымы, тебіні бір.*

**ТЕБІНДЕТ=** ет. *Малды оттату, қар басқан жайылымға жайылту.*

**ТЕБІНДЕТУ** *Тебіндет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНДЕУ** *Тебінде етістігінің қимыл атауы; қар астындағы шөпті аяғымен тарпып, ашып жеу; қар басқан жайылымға жайылу.*

**ТЕБІНДІ** зат. *Тұяқты малдың жұқалтаң қарлы жерлердегі жайылымы, қысқы жайылым.*

**ТЕБІНДІК** зат. *Тебінге жарамды жер; қысқы жайылым.*

**ТЕБІНДІР=** ет. *Қозғалысқа келтіру.*

**ТЕБІНДІРУ** *Тебіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНСЕКТЕ=** ет. *Тебініңкіреу, қайта-қайта тебіну.*

**ТЕБІНСІЗ** сын. *Тебіні жоқ; қысқы жайылымсыз.*

**ТЕБІНТ=** ет. *Тебіндіру, бүйірінен аяқпен соққылату.*

**ТЕБІНТУ** *Тебінт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНУ** *Тебін етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНШЕК** сын. *Тебіне беретін.*

**ТЕБІНШЕКТЕ=** ет. *Атын қайта-қайта тебіну, тебіне беру.*

**ТЕБІНШЕКТЕУ** *Тебіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІНІС=** ет. *Бір мезгілде тебіну.*

**ТЕБІНІСУ** *Тебініс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІР** зат. жерг. *Шөбі қалың ойпаң жер.*

**ТЕБІР** сын. *Тасымал, көлік.*

**ТЕБІРЕ=** ет. *Жібіп, ери бастау (қарға қатысты).*

**ТЕБІРЕН=** ет. *Бір нәрсеге жан дүниесі толқу, толғану.*

**ТЕБІРЕНДІР=** ет. *Толқыту, толғандыру.*

**ТЕБІРЕНДІРУ** *Тебірендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІРЕНТ=** ет. *Толғандырту, толқыту.*

**ТЕБІРЕНТУ** *Тебірент етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІРЕНУ** *Тебірен етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІРЕНШЕК** сын. *Тебіренгіш, сезімтал.*

**ТЕБІРЕНІС** зат. *Жан толқуы, толғаныс..*

**ТЕБІРЕНІСТІ** сын. *Қатты тебіренген, толқыған; толғанысты.*

**ТЕБІРШІ=** ет. сөйл. *Терлеп-тепшу.*

**ТЕБІС=** ет. **1.** *Жылқы т.б. малдың бір-бірін тұяқтарымен тебуі.* **2.** *Бір-бірін аяқпен ұрып төбелесу.* **3.** *Алтыбақанда бірге тербетілу.* **4.** ауыс. *Алысу, жұлысу, керісу, тартысу.*

**ТЕБІСТІР=** ет. *Тартыстыру, алыстыру.*

**ТЕБІСТІРУ** *Тебістір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕБІСУ** *Тебіс етістігінің қимыл атауы; бір-бірін тұяқпен тебу.*

**ТЕБІТ=** ет. жерг. ***Тепсін.***

**ТЕГЕЛ=** ет. жерг. *Теңелу.*

**ТЕГДАР** зат. сөйл. ***Дегдар.***

**ТЕГДІК** зат. жерг. *Матрас тігетін қалың сиса мата.*

**ТЕГДІР** зат. *Тау басындағы тегіс жер.*

**ТЕГЕЛДІРІК** зат. жерг. ***Табалдырық.***

**Тегелдірік темір.** жерг. *Қаптың аузын керіп тұратын шеңбер темір.*

**ТЕГЕН** зат. сөйл. ***Тегене.***

**ТЕГЕНЕ**[1] зат. *Ағаштан оймышталып, әшекейленіп, күмістеліп жасалатын, қымыз құюға арналған тұтқалы, үлкен шұңғыл ыдыс; үлкен шара, тұтқасыз, эмальді алюминий ыдыс.*

**Тегене құйрық**. *Тегенедей үлкен құйрық.* **Тегене төңкерді**. *У-шу шығармай, дабырайтпай, жылы жауып қойды.*

**ТЕГЕНЕ**[2] зат. жерг. *Топалаң індетінің алқым, ұма тұсы мен қабырғаның астын ала, төс етегінің арасынан ісік түрінде таралатын жеңіл түрі.*

**ТЕГЕНЕДЕЙ** сын. *Үлкен, дәу, теңкиген.*

**ТЕГЕНЕК: тегенек бөрік.** жерг. *Төбесі дөңгеленіп келіп, жиегі сеңсең не қаракөл терісімен көмкерілген бөрік.*

**ТЕГЕНЕЛЕП** үст. *Тегене-тегене етіп, бірнеше тегенеге құйып.*

**ТЕГЕНТАЙ** зат. *Қымыз құятын ыдыс, шара.*

**ТЕГЕРМЕ** зат. жерг. *Доңғалақ.*

**ТЕГЕРМЕШ** зат. жерг. **1.** *Доңғалақ, дөңгелек.* **2.** *Диірменнің дөңгелек тасы.*

**ТЕГЕРШІК**[1] зат. **1.** *Механизмнің жүрісін ретке келтіретін шойын дөңгелек; «маховик».* **2.** *Механизмді жұмысқа қосатын немесе оны ажырататын (тоқтататын) тетік.* **3.** ауыс. *Қоғамның, заманның қозғаушы күші.*

**ТЕГЕРШІК**[2] зат. жерг. *Доңғалақ.*

**Тегершік шені.** жерг. *Дөңгелектің шеңбер темірі.*

**ТЕГЕРІК** зат. **1.** жерг. *Дөңгелек табақ.* **2.** *Ыстық шәугім мен табақтың астына (дастарқанды, үстелді күйдіріп кетпес үшін) қойылатын металл бұйым.*

**ТЕГЕРІШ**[1] зат. этн. *Киіз үй керегесі, уығын сыртынан қысып, айналдыра ұстайтын әрі сәндік қызметін атқаратын жалпақ бау; құр, таңғыш.*

**ТЕГЕРІШ**[2] зат. жерг. *Шығырдың дөңгелегі.*

**ТЕГЕУРІН**[1] зат. *Қыран құстың алдыңғы үш тырнағына (жембасарына) қарсы біткен артқы жалғыз тырнағы.*

**Тегеуріні төрт елі**. *Қыран құстың әрі соғатын (тепкісі қатты болып келетін), әрі шеңгелдеп бүре түсетін тегеурін тырнағы.*

**ТЕГЕУРІН**[2] зат. **1.** *Екпін, қарқын, пәрмен.* **2.** *Қайрат, күш.* **3.** сушар. *Жерасты суын ұңғыма бұрғылау арқылы ашқан тереңдік пен оның жоғары көтеріліп тұрақталған деңгейі аралығында өлшенетін (м) гидродинамикалық көрсеткіш.*

**Тегеуріне шыдамады.** *Басым күшке төтеп бере алмады.* **Тегеуріні батты**. *Соққысы қатты тиді.*

**ТЕГЕУРІНГҮЛ** зат. өс. <лат. delphinium> *Тау беткейлерінде, өзендердің бойында, орман арасында, шалғындарда өсетін биіктігі 50-120 (80-200) см-дей, сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктердің жалпы атауы.*

**ТЕГЕУРІНДЕ=** ет. *Екпіндеу, қарқындау; үдей түсу.*

**ТЕГЕУРІНДЕЙ** сын. *Тегеурін сияқты.*

**ТЕГЕУРІНДЕУ** *Тегеурінде етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕГЕУРІНДІ** сын. **1.** *Екпінді, қарқынды, пәрменді.* **2.** *Қайратты, күшті, қуатты.*

**Тегеурінді қозғалыс.** су. *Гидродинамикалық қысымның салдарынан арынды жерасты суларының әр бағытты (тігінен, көлденең) қозғалысы.* **Тегеурінді қол.** *Қайратты, күші көп, мықты қол.* **Тегеурінді қысым.** су. *Қабаттың қысым әсерінен туындайтын көрсеткіші.* **Тегеурінді су мұнара.** су. *Мұнараға суды қысыммен жинап (сорғы арқылы) пайдалануға арналған гидротехникалық имарат.* **Тегеурінді сулар.** сушар. *Асты-үстінен, кейде жан-жағынан су өткізбейтін (немесе өте аз өткізетін) таужыныстармен шектелген, көбінесе арынды болып келетін жерасты сулары.*

**ТЕГЕУРІНДІЛІК** зат. **1.** *Қарқындылық, пәрмендік.* **2.** *Қайраттылық, күштілік.*

**ТЕГЕУРІНДІРЕК** сын. *Қуаттылау, күштілеу, пәрменділеу.*

**ТЕГЕУРІНСІЗ** сын. *Екпінсіз, қарқынсыз, пәрменсіз.*

**ТЕГЕШ** зат. **1.** *Ағаштан (мыстан, т.б.) жасалған шұңғыл табақ, аяқ, тегене.* **2.** *Әртүрлі тағам құю үшін шыны, қалайы, алюминийден жасалған, ернеуі тік, үлкен ыдыс.*

**ТЕГЕШТЕЙ** сын. **1.** *Үлкен, аумақты, кең.* **2.** *Тегеш шамасындай, тегеш мөлшеріндей.*

**ТЕГЖЕЙЛЕН=** ет. *Ретке түсу, тәртіпке келу; анықталу, айқындалу.*

**ТЕГЖЕЙЛЕНУ** *Тегжейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕГІ**[1] шыл. *Шамасы, сірә, асылында, заты.*

**ТЕГІ**[2] үст. *Мүлде, тіптен, тіпті.*

**ТЕГІН**[1] зат. көне. *Ежелгі түркілердегі ханзадалар иеленген қағаннан кейінгі лауазым.*

**ТЕГІН**[2] сын. *Ақысыз, пұлсыз; төлеусіз.*

**ТЕГІН**[3] үст. *Тектен-тек, жайдан-жай, бекер.*

**Тегін айту.** жерг. *Жай, қалжыңдап айту.* **Тегін [тек] болмас [емес].** *Жай емес, көптің бірі емес.* **Тегін емес.** *Себепсіз емес; тектен-тек емес.*

**ТЕГІНДЕ** үст. *Асылы, сірә, шамасы; негізінде.*

**ТЕГІНДЕГІ** үст. жерг. *Бұрынғы, ежелгі.*

**ТЕГІНДІК**[1] зат. *Ақысыздық, пұлсыздық.*

**ТЕГІНДІК**[2] зат. *Бекерлік, жайшылық.*

**ТЕГІНДІКПЕН** үст. *Жайдан-жай, тектен-тек, бостан-бос; оңайлықпен.*

**ТЕГІННЕН** үст. **1.** *Босқа, бекер.* **2.** *Ертеден, бұрыннан.*

**ТЕГІННЕН-ТЕГІН** үст. *Жайдан-жай, тектен-тек, бостан-бос.*

**ТЕГІНҚОР** сын. жерг. *Жатыпішер, арамтамақ.*

**ТЕГІНШІЛІК** зат. *Жайшылық, бекерлік; тегіндік.*

**ТЕГІНШІЛІКПЕН** үст. *Жайдан-жай, оңайшылықпен.*

**ТЕГІРПЕШ** сын. жерг. *Дөңгелек, шар тәрізді.*

**ТЕГІРШЕК** зат. сөйл. ***Тегершік***[1].

**ТЕГІРШІК** зат. сөйл. ***Тегершік***[2].

**ТЕГІС**[1] сын. *Кедір-бұдырсыз, ұңғыл-шұңғылсыз, жап-жазық.*

**Тегіс бедерлі байтақ.** геог. *Жер бедері жазық болып келетін байтақ түрі.* **Тегіс сасыр.** өс. <лат. ferula glaberrima> *Шатыршгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдіктің эндемик түрі.*

**ТЕГІС**[2] есім. *Барлығы, бәрі, түгел; тұтас.*

**ТЕГІСТЕ=** ет. **1.** *Ой-шұңқырын, қырын тептегіс ету; топырағын жаймалау, жаю.* **2.** *Заттың шетін, нәрсені біркелкі етіп кесу, теңестіру.*

**ТЕГІСТЕГІШ** зат. *Бір нәрсені тегістейтін құрал, тегістеуіш.*

**Тегістегіш сүргі**. *Соңғы рет тазалайтын сүргі.*

**ТЕГІСТЕЛ=** ет. **1.** *Түзелу, кедір-бұдыры жөнделу.* **2.** ауыс. *Іштегі жара қалпына келу, реніш басылу, жазылу.*

**ТЕГІСТЕЛУ** *Тегістел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түзелу, кедір-бұдыры жөнделу.* **2.** геол. *Көтеріңкі аймақтардың яки тау-төбелердің мүжілуі, ал ойыс аудандардың мүжілуі өнімдері есебінен түзілген шөгінді таужыныстармен көмілуі нәтижесінде нақтылы алқаптардың бірте-бірте тегіс болуы.*

**ТЕГІСТЕТ=** ет. *Түзету, кедір-бұдырын дұрыстату.*

**ТЕГІСТЕТУ** *Тегістет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕГІСТЕУ**[1] сын. *Кедір-бұдыры аз, жазықтау.*

**ТЕГІСТЕУ**[2] *Тегісте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕГІСТЕУШІ** зат. *Бір нәрсені тегістейтін адам; тегістеу ісін істеуші.*

**ТЕГІСТЕУІШ** зат. *Бір нәрсені тегістейтін құрал, ауылшаруашылық мәшине.*

**ТЕГІСТІК**[1] зат. **1.** *Зат бетінің кедір-бұдыры жоқ, біртегіс болып келгендігі; бірдейлік.* **2.** *Кең жазық, мидай дала.*

**ТЕГІСТІК**[2] зат. сөйл. ***Тегісшілдік.***

**ТЕГІСТІЛІК** зат. сөйл. ***Тегістік***[1].

**ТЕГІСШІЛДІК** зат. тар. *Барлық адамдардың, халықтардың тең құқықты болуы; теңдік.*

**ТЕГІСШІЛІК** зат. сөйл. ***Тегісшілдік.***

**ТЕГІСІМЕН** үст. *Бүтіндей, түгел, тұтас.*

**ТЕГІСІНЕН** үст. *Түгел, тұтас, бәрі; тегісімен.*

**ТЕГІСІРЕК** сын. *Жазықтау, кедір-бұдыры аздау.*

**ТЕЖЕ=** ет. **1.** *Аттың басын тарту, қарқынын бәсеңдету, жүрісін ақырындату; ірку.* **2.** *Өзін-өзі тоқтату, ұстау, сабырлық ету.* **3.** *Біреуді басу, тыйып тастау, тізгінден ұстау.* **4.** *Бір нәрсені бөгеу, кедергі жасау, кешеуілдету.*

**ТЕЖЕГІШ** зат. сөйл. ***Тежеуіш.***

**Тежегіш сұйық.** тех. *Автокөліктер мен басқа мәшинелерді тежегіштерінің гидравликалық жетегінде қолданылатын сұйық.*

**ТЕЖЕЛ=** ет. **1.** *Тоқталу, іркілу.* **2.** *Бөгелу, кедергі жасалу, жұмыс істеуі бәсеңдеу.*

**ТЕЖЕЛТ=** ет. *Тоқтату, азайту.*

**ТЕЖЕЛТУ** *Тежелт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЖЕЛУ**[1] зат. биол. *Қозуды бәсеңдететін, тоқтататын немесе болдырмайтын биологиялық активті үдеріс (ми клеткаларының жұмыс істемей тыныштық күйде тұруы).*

**ТЕЖЕЛУ**[2] *Тежел етістігінің қимыл атауы, бөгелу, бәсеңделу.*

**ТЕЖЕЛІН=** ет. *Тоқталыну, бәсеңдену.*

**ТЕЖЕЛІНУ** *Тежелін етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЖЕМ** зат. *Тоқтам, қайрат.*

**ТЕЖЕМЕ** зат. сөйл. ***Тежеуіш.***

**ТЕЖЕМЕК** зат. спорт. *Мықты жіптен немесе тілімнен жасалған, жаттығу кезінде спортшылардың қауіпсіздігін сақтайтын құрал.*

**ТЕЖЕМЕЛІК** сын. *Шектеуіштік.*

**ТЕЖЕН=** ет. *Тоқталу, өзін-өзі ұстау.*

**ТЕЖЕНУ** *Тежен етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЖЕС=** ет. **1.** *Тоқтатысу.* **2.** ауыс. *Тоқтасу, сабыр сақтасу.* **3.** *Бөгесу, кедергі жасасу.*

**ТЕЖЕСУ** *Тежес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЖЕТ=** ет. *Іркіп тоқтату, кідірту.*

**ТЕЖЕТУ** *Тежет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЖЕУ** *Теже етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сабырлық ету, өзін-өзі ұстау.* **2.** *Бөгеу, кедергі жасау.* **3.** спорт. *Күштеп тежеп, қарсыласын тепе-теңдік қалпынан шығару.* // невр. *Жүйке жүйесіндегі қозуға қарама-қарсы әрекет.*

**Тежеу жолы.** *Автомобильдің (мотоциклдің) тежеу сәтінен бастап әбден тоқтағанға дейінгі жүріп өткен жолы.* **Тежеу салды.** *Тоқтатты, тізгіндеді, тыйды.*

**ТЕЖЕУЛІ** сын. *Тежелген; шектеулі, мөлшерлі.*

**ТЕЖЕУСІЗ** үст. **1.** *Ешбір тежелмей, тыйым салынбай; шектеусіз.* **2.** *Кедергісіз, бөгетсіз; еркін.*

**Тежеусіз күш**. *Су тасқыны, жер сілкінісі, қоғамдық құбылыстар, соғыс қимылдары т.б. сияқты нақты жағдайдағы төтенше және еңсерілмейтін оқиға.*

**ТЕЖЕУСІЗДІК** зат. *Ешбір тыйымсыздық, шектеусіздік; еркіндік.*

**ТЕЖЕУШІ** сын. *Бір нәрсені тежейтін, тежеу қызметін атқаратын (зат, кісі).*

**ТЕЖЕУШІЛІК** зат. *Бір нәрсеге тежеу салушылық, шектеушілік.*

**ТЕЖЕУІШ**[1] зат. **1.** тех. *Мәшине, трактор, пойыз т.б. көліктің жүрісін бәсеңдетіп, тоқтатып реттейтін тетік.* **2.** сушар. *Жасанды имараттар немесе табиғи кедергілер (арнайы тарылту, бұрудың тіктігі, тастарды үймелеу, анжыр кептемесі, мұз буу) қалыптастырудың нәтижесінде ағыс жылдамдығының баяулауы қоса жүретін, өзендегі су деңгейінің көтерілуі.*

**ТЕЖІМ: тежім етті.** сөйл. ***Тәжім етті.***

**ТЕЗ**[1] үст. *Жылдам, шапшаң, лезде, әп-сәтте.*

**Тез арада.** *Лезде, жылдам, шапшаң.*

**ТЕЗ**[2] зат. **1.** этн. *Киіз үй сүйегін: уық, кереге т.б. жасайтын ағаштарды морлағаннан кейін түзейтін, иетін құрал.* **2.** ауыс. *Түзу жолға салатын, қателікті, кемшілікті түзейтін өмір талқысы.*

**Тезге салды.** *Жөнге келтірді, түзеді.* **Тезге түсті.** *Жөнге келді, түзелді.* **Тезі қатты.** *Сыны қатал, аяу білмейтін.*

**ТЕЗАҒАР** зат. сушар. *Су ағынын су тартқыштың жоғарғы телімінен төменгі теліміне қарай бағыттап, үлкен жылдамдықпен қозғалатын ашық канал (науа) түріндегі гидротехникалық имарат; каналдың бетонмен немесе темір-бетонмен қапталған суды тез ағызатын құрылысының түрі.*

**ТЕЗБАС** сын. жерг. *Ашушаң, ызақор.*

**ТЕЗБЕ-ТЕЗ** үст. *Жылдам, тез, шапшаң.*

**ТЕЗДЕ=** ет. *Шапшаңдау, жылдамдау; жиілеу.*

**ТЕЗДЕЙ** сын. *Тез сияқты.*

**ТЕЗДЕП** үст. *Жылдамдап, шапшаңдап; тез.*

**ТЕЗДЕТ=** ет. *Шапшаңдату, жылдамдату.*

**ТЕЗДЕТКІШ** зат. *Бір нәрсені тездететін, жылдамдататын зат.*

**ТЕЗДЕТУ** *Тездет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЗДЕТУШІ** зат. *Бір нәрсені тездететін зат (адам).*

**ТЕЗДЕУ**[1] сын. *Тезірек, жылдамдау.*

**ТЕЗДЕУ**[2] *Тezде етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЗДІК** зат. *Жылдамдық, шапшаңдық.*

**ТЕЗЕ: бой [дене] тезеді.** *Денесін билеп алды, бойын жиып алды.*

**ТЕЗЕК** зат. **1.** *Жылқының, сиырдың далада жатып кепкен, отқа жағуға болатын кесек қиы.* **2.** *Аталған малдардың әлі кеппеген жас қиы; боқ.*

**Тезегі түсті.** *Малдың, аттың жүріп бара жатып қи, тезек тастауы.* **Тезек құйды.** *Қалыпқа келтіріп, тезек басты.* **Тезек тастады.** *Тезектеді, қи тастады.* **Тезек терді.** *Тезек жинады.*

**ТЕЗЕКТАС** зат. дәрі. *Ауру жылқының ішек-қарнына байланысты тас [Ауру жылқы өлгеннен кейін ішек-қарын жолдарына байланған тасты алып, жауып-тазалап, көлеңкеде кептіріп, талқандап, дәрілік мақсатта қолданады].*

**ТЕЗЕКТЕ=** ет. *Тезек тастау.*

**ТЕЗЕКТЕЙ** сын. *Тезек сияқты.*

**ТЕЗЕКТЕУ** *Тезекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЗЕКХАНА** зат. *Тезек жиятын орын, қора.*

**ТЕЗЕК-ШАР** зат. *Қоңыздар домалату арқылы шар бейнесіне түсіріп алатын жас қи.*

**ТЕЗЕКШЕ** үст. *Тезек сияқты, тезек тәрізді.*

**ТЕЗЕКШІ** зат. *Тезек теруші, тезек жиюшы.*

**ТЕЗИС** [грек. thesis] зат. **1.** *Шығарманың, баяндаманың, сөздің қысқаша желісі, негізгі ойы, пікірі.* **2.** *Белгілі бір мәселе туралы қысқаша түрде баяндалған қағида, тұжырымдама; басты идея.*

**ТЕЗИСТЕ=** ет. *Қысқаша тұжырымдау, тезис жасау.*

**ТЕЗИСТЕУ** *Тезисте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЗИСТІК** сын. *Тезиске тән, тезис боларлық.*

**ТЕЗ-ТЕЗ** үст. *Өте жылдам, ылдым-жылдым.*

**ТЕЗШІ** сын. *Сыншы.*

**ТЕЗІК** зат. көне. *Сарт; орта ғасырларда саудагер деген мағынада қолданылған сөз.*

**ТЕЗІНЕН** үст. *Жылдам, тез; кідірместен.*

**ТЕЗІРЕК** сын. *Жылдамырақ, шапшаңырақ.*

**ТЕИЗМ** [грек. theos] зат. филос. *Құдайдың барлығы мен оның дүниеге, адамға қарым-қатынасын негіздеп түсіндіретін діни таным.*

**ТЕИСТ** зат. *Теизмді жақтаушы адам.*

**ТЕЙ** од. сөйл. *Қайырып тастау, тыйып тастау мағынасында қолданылатын сөз.*

**ТЕЙЛЕРИЙ** зат. вет. *Қан құрамында өсетін мал ауруларын қоздырғыш вирус.*

**ТЕЙЛЕРИОЗ** [лат. Theileriosis] зат. вет. *Мал ауруы; эритроциттерді мекендейтін бір жасушалы қарапайым жәндіктер – гемоспоридийлер қоздыратын ауру (салма, сарыауру).*

**ТЕЙЛЕРИЯ** зат. вет. *Мал ауруы.*

**ТЕЙЛІ** сын. *Дилы, қуатты (малға қатысты).*

**ТЕЙСІЗ** сын. *Күйсіз, жағдайы жоқ.*

**ТЕЙТІК** сын. *Ұрты салбыраған адам.*

**ТЕК**[1] зат. биол. <грек. genes> **1.** *Адамның түп нәсілін, арғы атасын білдіретін тарихи ұғым.* **2.** *Арғы ата, сүйек.*

**Тегі басқа.** *Тегі бөтен, бөгде, табиғаты бөлек.* **Тегі жаман.** *Ата-бабасы, туысы нашар деген мағынада.* **Тегі жарымаған.** *Ататегі жоқшылықтан арылмаған.* **Тегіне тартты.** *Ата-тегіне ұқсап туды, негізіне тартты.*

**ТЕК**[2] үст. **1.** *Құр-бекер, босқа, жай.* **2.** *Тегін, ақысыз, ештеме бермей.*

**Тек емес.** *Жай, қарапайым емес.* **Тек жүрді.** *Тыныш жүрді.* **Тек жүрсең, тоқ жүресің.** *Өз жайыңмен тыныш жүрсең, ұтылмайсың деген мағынада.*

**ТЕК**[3] үст. *Басқа емес, тек қана.*

**Тек қана.** *Бір өзі, жеке өзі деген ұғымда шектелгендікті білдіреді.* **Тек өзіне белгілі.** *Өзі ғана жақсы біледі, қаныք.*

**ТЕК**[4] од. *«Қой!», «тыныш!» деген тәрізді тежеу мағынасында қолданылатын сөз.*

**ТЕК**[5] зат. жерг. *Сырт киімге жарайтын құны төмендеу қара мата.*

**ТЕКАФОЛЛИКУЛОМА** зат. мед. *Аналық бездің қатерлі гормондық белсенді ісігі.*

**ТЕКЕ** зат. *Ешкі малының екі жастан асқан піштірілмеген еркегі.*

**Теке көз.** *Аласы басым, адырақ көз.* **Теке көзді.** *Ежірейген көзді.* **Теке мұрын.** *Текенің мұрнындай, кеңсірігі кең, қоңқиған.* **Текені әке [жезде], ешкіні шеше [апа] етіп отыр.** *Жарамсақтанды, жағымпазданды деген мағынада.* **Теке сақал.** *Иекке ғана біткен, шоқшиған сақал.* **Теке сасыған.** *Бұл жерде жасы келгенше үйленбеген адам туралы айтылып тұр.* **Теке сүмбіле.** *Тамыз айының екінші жартысы.* **Текесі суға кетті ме?.** жерг. *Қимасы қышыды, қатысы жоқ іске кірісті.*

**ТЕКЕБҰРҚЫЛДАҚ** зат. этн. *Ақбөкендер үйірінің маталу мерзімі жақындағанда аналық үйірлерін бөліп алу үшін сүзісіп, жеке-жеке шағын топтарға бөлінетін уақыты, желтоқсан айы.*

**ТЕКЕДЕЙ** сын. *Теке сияқты, теке тәрізді.*

**Текедей күлімсі.** *Күлімсі иісі шыққан, сасық.* **Текедей тірести.** *Бірін-бірі жеңе алмады, ерегісті.*

**ТЕКЕЖАУМЫТ** зат. *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.*

**ТЕКЕКТЕ=** ет. *Аттың бірқалыпты аяңдамай, текіректеп жүруі.*

**ТЕКЕКТЕТ=** ет. *Атты текек қақтырып жүргізу, аяңдату.*

**ТЕКЕКТЕТУ** *Текектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕКЕКТЕУ** *Текекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕКЕМАН: текеман тары.** жерг. *Ірі ақ тары.*

**ТЕКЕМЕТ** зат. этн. *Бетіне әртүрлі ою-өрнек салынып басылған киіз үй жиһазы.*

**Текеметін тілді.** *Жақсылыққа жамандық істеді, адал асын ішіп, қастандық қылды.*

**ТЕКЕМЕТСІЗ** сын. *Текеметі жоқ, текемет төселмеген.*

**ТЕКЕМЕТТЕЙ** сын. *Әдемі; түрлі-түсті.*

**ТЕКЕМЕТТІК** сын. *Бір текеметтің көлеміндей, ақысындай.*

**ТЕКЕМЕТШЕ** зат. *Кішкене текемет.*

**ТЕКЕМҮЙІЗ** зат. қолөнер. *Кілемге, киізге текенің мүйізіне ұқсас етіп салынатын ою-өрнектің түрі.*

**ТЕКЕСАҚАЛ**[1] зат. өс. <лат. dodartia> *Далалы, сортаңды жерлерде, басты беткейлерде, егін арасында өсетін, биіктігі 15-50 см-дей, тамырсабағы күшті жетілген (жуан, ұзын) сабағы көп, жіңішке, бұтақтанған сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТЕКЕСАҚАЛ**[2] зат. бот. жерг. ***Желкек.***

**ТЕКЕСҮМБІЛЕ** зат. этн. **1.** *Жұлдыз.* **2.** *Тамыз айының екінші жартысы.*

**ТЕКЕТАРЛЫҚ** зат. өс. жерг. *Таудың басына шығатын үш жағы сары, түбі көк шөп.*

**ТЕКЕ-ТЕКЕ** од. *Текелерді бір-бірімен сүзістіруге, күйлеген ешкіні текемен шағылыстыруға және мазақтауға арналған сөз .*

**ТЕКЕТОЙЛЫ** сын. *Мелдектеген, әбден тойған.*

**ТЕКЕТІРЕС** зат. *Бірін-бірі жеңе алмаушылық, басым түспеушілік.*

**ТЕКЕТІРЕС=** ет. *Бірін-бірі жеңе алмау, басым түспеу.*

**ТЕКЕТІРЕСУ** *Текетірес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕКЕУАР** сын. *Мықты, жүрісті.*

**ТЕКЕУАРДАЙ** сын. *Мықты, жүрісті жылқыдай.*

**ТЕКЕШЕ** үст. *Текеге ұқсап, теке тәрізді.*

**ТЕКЕШІК** зат. **1.** *Шала тарттырылған еркек лақтың бір жастан асқаны.* **2.** ауыс. *Жөнді мансабы жоқ, бірақ дікектеп қалған адам.*

**ТЕКЕШІКТЕЙ** сын. *Текешік сықылды.*

**ТЕКЕШІКШЕ** үст. *Текешік сияқты, текешікке ұқсап.*

**ТЕКИЛА** [исп. tequila] зат. тамақ. *Агавадан жасалатын мексикандық арақтың бір түрі.*

**ТЕККЕ** үст. *Бекерден-бекер, құр босқа, жайдан-жай.*

**Текке қателесті.** *Болмашы жерден жаңылысты, ағаттық жіберіп алды.*

**ТЕККЕ-ТЕК** үст. *Бекерден-бекер, бос.*

**ТЕКОРИЛ** зат. мед. *Жұтқыншақ бездері қабынғанда қолданатын дәрі.*

**ТЕКОДИН** [лат. Thecodinum] зат. вет. *Суда тез еритін, спиртте айтарлықтай ерімейтін иіссіз ақ ұнтақ. Мал жараланған, күйген, буыны шыққан кезде ауырсыну әсерін басу мақсатында қолданылатын, А тобына жататын дәрі.*

**ТЕКОМА** зат. мед. *Аналық безінің гормондық белсенді ісігі.*

**ТЕКОЦИТ** зат. мед. *Аналық безінің фолликуласының дәнекертінді жасушасы.*

**ТЕКПЕШІК** зат. сөйл. ***Тепшек.***

**ТЕКПІ** зат. сөйл. ***Тепкі.***

**ТЕКПІЛІ** сын. *Күшті, қарулы, мықты деген мағынада.*

**ТЕКПІЛЕ=** ет. сөйл. ***Тепкіле.***

**ТЕКПІЛЕН=** ет. сөйл. ***Тепкілен.***

**ТЕКПІН** зат. *Күш, қуат; тегеурін.*

**ТЕКПІНДІ** сын. *Күшті, қайратты, екпінді.*

**ТЕКПІР** сын. *Тепкішек, текше.*

**ТЕКПІРШЕК** зат. *Текше тас.*

**ТЕКПІШЕК** зат. сөйл. ***Тепкішек.***

**ТЕКПІШЕКТЕ=** ет. *Тепкішек жасау, керту.*

**ТЕКПІШ-ТЕКПІШ** сын. *Қисық-қисық, ойық-ойық.*

**ТЕКСЕР=** ет. **1.** *Анық-қанығына жету, анығын білу, айқындау.* **2.** *Ұқыптап қадағалау, бақылау, байқау.* **3.** *Мән-жайын зерттеу, іздену.*

**ТЕКСЕРГІШ** сын. **1.** *Аңдағыш, аңғарымпаз, мән бергіш.* **2.** *Бір нәрсенің баржоғын, жақсы-жаманын қадағалайтын (кісі).*

**ТЕКСЕРТ=** ет. *Анықтату, бақылату.*

**ТЕКСЕРТКІЗ=** ет. *Анықтатқызу, бақылатқызу.*

**ТЕКСЕРТКІЗУ** *Тексерткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕКСЕРТУ** *Тексерт етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКСЕРУ**[1] зат. заң. *Қылмыстық іс қозғаудан бұрын қылмыс белгілерін анықтап алу үшін жүргізілетін іс жүргізу шарасы.*
**Тексеру комиссиясы.** заң. *Белгілі бір мекеме, ұйым жұмысын мәселені анықтау үшін тағайындалған бірнеше адамнан құрылған арнайы топ.* **Тексеру орны.** заң. *Тергеу жүргізетін мекеме.*
**ТЕКСЕРУ**[2] *Тексер етістігінің қимыл атауы.* 1. *Бақылау, анықтау.* 2. *Тергеу, жауап алу, себебін ашу.*
**ТЕКСЕРУСІЗ** сын. *Тексеру жоқ, тексерілмейтін.*
**ТЕКСЕРУШІ** зат. 1. *Тексеру жүргізуші, байқаушы, бақылаушы.* 2. сөйл. ***Тергеуші.***
**ТЕКСЕРІЛ=** ет. *Анықталу, бақылану.*
**ТЕКСЕРІЛУ** *Тексеріл етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКСЕРІС** зат. *Тексеру ісі.*
**ТЕКСЕРІС=** ет. *Тексеріс жасасу, бірге тексеру.*
**ТЕКСЕРІСТІР=** ет. *Тексеріс жасаттыру.*
**ТЕКСЕРІСТІРУ** *Тексерістір етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКСЕРІСУ** *Тексеріс етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКСТ** [лат. textum] зат. ***Мәтін*** *(жазылған әртүрлі көлемдегі шығарма немесе соның бір бөлігі).*
**ТЕКСТОВИНИТ** зат. *Галантерея бұйымдарын дайындау, жиһаз қаптау үшін қолданылатын жасанды былғары.*
**ТЕКСТОЛИТ** [лат. textum – мата, грек. lithos – тас] зат. *Мақта, мата мен шыны талшықтарына қыздыру арқылы жасанды, шайыр сіңдіріліп престелген пластмасса тәрізді материал.*
**ТЕКСТОЛОГ** зат. *Текстологияның маманы, мәтінтанушы.*
**ТЕКСТОЛОГИЯ** [лат. textum – байланыс, грек. logos – ілім] зат. *Әр алуан әдеби мұралар мен тарихи шығармалардың мәтінін қолжазбамен, түпнұсқамен салыстыра тексеретін филология ғылымының бір саласы.*
**ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Текстологияға қатысты.*
**ТЕКСТІК** сын. *Мәтіндік текске байланысты, қатысты.*
**ТЕКСІЗ** сын. 1. *Тегі белгісіз.* 2. ауыс. *Тәлім-тәрбиесі нашар, көргенсіз.*
**ТЕКСІЗДЕН=** ет. *Тегінен, шыққан тұқымжұрағатынан айыру, ұмыттыру.*
**ТЕКСІЗДІК** зат. *Тегі жамандық, тәрбиесі нашарлық.*
**ТЕКТАР** сын. *Текті, асыл тұқымды.*
**ТЕКТЕ=** ет. *Мән-жайын аңғару, тексеру, анықтау.*
**ТЕК-ТЕК** сын. *Қатар-қатар, тек-тегімен жиналған (жүк).*
**ТЕК-ТЕК** од. *Тыныш жүр деген мағынада айтылған сөз.*
**ТЕКТЕЛ=** ет. 1. *Қатар-қатар жиналу, текшелену.* 2. *Жинақталу.*
**ТЕКТЕН-ТЕК** үст. *Бостан-бос, бекерден-бекер, жайдан-жай.*
**ТЕКТЕН-ТЕККЕ** үст. *Бостан-босқа, жайданжай, бекер-босқа.*
**ТЕКТЕС** сын. 1. *Шыққан тегі бір, нәсілдес.* 2. *Тұқымдас, тұқымы ұқсас (өсімдік).* 3. *Бірге туылған, туыстас.* 4. *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты, іспеттес.*
**ТЕКТЕСТІК** зат. 1. *Тегі бірлік, нәсілдестік.* 2. *Ұқсастық, жанасым, жақындық.* 3. *Сәйкестік.*
**ТЕКТЕСТІР=** ет. *Тегін бір ету; нәсілдес ету; ұқсастыру, жақындастыру.*
**ТЕКТЕСТІРУ** *Тектестір етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКТЕУ** *Текте етістігінің қимыл атауы; анықтау, анығына көз жеткізу.*
**ТЕКТИТ** [грек. tektos] зат. *Силикатты шыныдан тұратын, беті тілімделген шағын табиғи денелер.*
**ТЕКТОНИКА** [грек. tektonikē] зат. геол. 1. *Жер қыртысы және оның қойнауында болып жатқан процестер.* 2. *Жер қыртысының құрылысын және онда болатын өзгерістерді зерттейтін геология ғылымының бір саласы.*
**ТЕКТОНИКАЛЫҚ** сын. *Тектоникаға қатысты.*
**Тектоникалық аңғар.** геол. *Кез келген пішінді тектоникалық ойпаңдағы аңғар.* **Тектоникалық жапсар**. геол. *Таужыныстардың жыртылып-айырылу жазықтығы арқылы жапсарласуы.* **Тектоникалық жарылым.** геол. *Таужыныстарының тектоникалық қозғалыстары мен деформациялары нәтижесінде жер қыртысында пайда болған жарықшақтар.* **Тектоникалық жорамалдар.** геол. *Тектоникалық қозғалыстар табиғатын, жер қыртысына тән тектоникалық құрылымдар эволюциясын түсіндіру мақсатындағы жорамалдар жиынтығы.* **Тектоникалық жым**. геол. *Терең жарылымдардың жер бетіндегі сұлбасына сәйкес келетін ұзыннан-ұзақ созыла сағаланған белдем.* **Тектоникалық карта.** геол. *Жер қыртысының құрылымдарын және олардың геологиялық тарихтың әртүрлі кезеңдердегі дамуын бейнелейтін карта.* **Тектоникалық көлдер.** *Қазаншұңқырлары тектоникалық құбылыстар нәтижесінде пайда болған ойысты көлдер.* **Тектоникалық қозғалыстар.** геол. *Жер қойнауындағы әртүрлі процестердің әсерінен болатын механикалық қозғалыстар жиынтығы.* **Тектоникалық құрылым.** геол. *Жер қыртысының нақтылы өңіріне шоғырланған, сол өңірдің нақтылы тектоникалық режім белгілерімен ғана сипатталған геологиялық құрылыс ерекшеліктерін анықтайтын құрылымдық пішіндер жиынтығы.* **Тектоникалық циклдер.** геол. *Тектоносфераның дамуындағы геологиялық құбылыстар жиынтығы.*
**ТЕКТОНИТТЕР** зат. геол. *Тектоникалық қозғалыстардың әсерімен, бастапқы таужыныстардың әсерімен уатылуы, үгітілуі, ал кейде таужыныс түзетін минералдардың қайтадан кристалдануы нәтижесінде пайда болған метаморфтық таужыныс.*
**ТЕКТОНОФИЗИКА** зат. *Тектониканың деформациялардың пайда болуының физикалық жағдайларын зерттейтін тарауы.*
**ТЕКТҰР** зат. *Жартастың текше жапсары. // Жартастың текше жапсарына ұқсас.*
**ТЕКТІ** сын. 1. *Шыққан тегі бір, нәсілдес.* 2. *Тұқымы бір, тұқымдас.* 3. *Тегі, шыққан жері жақсы (кісі).*
**Текті жер.** көне. *Байлығы, билігі атадан балаға қалып келе жатқан адамилық қасиеті, адамгершілігі, имандылығы жоғары ел, ауыл деген мағынада айтылады.*
**ТЕКТІК** зат. сөйл. ***Тектілік.***
**ТЕКТІЛІК** зат. *Адам бойындағы асыл қасиеттердің, парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі; жеке тұлғаның тегіне тартып, парасаттылық, салауаттылық көрсетуі.*
**ТЕКШЕ**[1] зат. 1. *Қабырғалары төрт бұрышты болып келген зат.* 2. *Әртүрлі нәрсе қою үшін баспалдақтап жасалған нәрсе, сөре.*
**Текше метр.** *Су т.с.с. заттардың көлемін өлшейтін қабырғасы метрден тұратындай текше көлеміндегі өлшем.* **Текше сандық.** зат. қолөнер. жерг. *Кішкене сандық, қол сандық.*
**ТЕКШЕ**[2] зат. көне. *Ұсақ-түйек қымбат бағалы құнды заттарды салатын қобдиша сандық.*
**ТЕКШЕ**[3] зат. жерг. *Тау ішіндегі я бөктеріндегі үстірт, дөңес жер.*
**ТЕКШЕЛЕ=** ет. *Қабырғаларын тіктеу, тік бұрыштау.*
**ТЕКШЕЛЕН=** ет. *Текше жасалу, бұрышталу.*
**ТЕКШЕЛЕНУ** *Текшелен етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКШЕЛЕТ=** ет. *Текше жасату, бұрыштату.*
**ТЕКШЕЛЕТУ** *Текшелет етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКШЕЛЕУ** *Текшеле етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКШЕЛІ** сын. *Текшесі бар, текшеленген.*
**Текшелі шеген.** кен. *Қалың кен шоғырларын қазып алу барысында тазартып, қазып алатын қазбаларда қолданылатын шеген.*
**ТЕКШЕ-ТЕКШЕ** сын. *Текшеленген, қатар-қатар.*
**ТЕКІРЕ** зат. жерг. *Маңай, төңірек.*
**ТЕКІРЕК** зат. 1. *Аттың жайсыз шоқақтаған желісі.* 2. ауыс. *Шолақ, кілт аяқталатын.*
**ТЕКІРЕКТЕ=** ет. *Жайсыз шоқақтап желу, текірек қағу.*
**ТЕКІРЕКТЕТ=** ет. *Атты шоқақтату, текірек қақтыру.*
**ТЕКІРЕКТЕТУ** *Текіректет етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКІРЕКТЕУ** *Текіректе етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕКІТ=** ет. сөйл. ***Текіректе.***
**ТЕКІТУ** *Текіт етістігінің қимыл атауы.*
**ТЕЛ**[1] сын. 1. *Екі енені бірдей қатар емген (төл).* 2. ауыс. *Қатар, бірге; тең.*
**Тел бие.** малшар. *Құлыны өліп, басқа биенің құлынына телінген бие.* **Тел бұйра.** *Екі енені қатар емген, еркін, бұла өскен жылқы малы.* **Тел емді.** *а) Екі енені қатар емді. ә) Бір нәрсені ортақтасып, бірге пайдаланды.* **Тел еміскен [емген] құлынбыз [құлындаймыз].***Балалығы, бозбалалығы бірге өткен.* **Тел жетім бота.** *Енесі өлген не енесі емізбей суалып кеткендіктен өзге боталы немесе ботасы өлген түйеге телінген бота.* **Тел жүрек.** *Дәл жүрек мағынасында.* **Тел қозыдай.** *Бір енені еміп, қатар өскен қозы сияқты өте жақын, сіңісіп кеткен.* **Тел нар.** малшар. *Ботасы өлген нар түйеге ботасы өлмеген нардың ботасын телу, яғни бір ботаға екі нардың ортақ болуы* . **Тел өсті.** *Жұбын жазбай қатар өсті, бірге өсті.* **Тел тай.** малшар. *Өз енесі мен телінген енесін немесе екі енені бірдей еміп жүрген еркек жылқының бір жастағысы.* **Тел інген.** малшар. *Ботасы өлген інгенді ботасы өлмеген інгеннің ботасына телу.*
**ТЕЛ**[2] сын. *Жылқының бұла өскен, мәпелеп баққан, тай кезіне дейін емген сипаты* [*осы мағынада тел қоңыр, тел шұбар, тел күрең, тел торы деген атауларды жасайды*].
**Тел қызыл.** *Аттың түсі.*
**ТЕЛБАУ** зат. жерг. *Шымылдықтың бауы.*
**ТЕЛЕ**[1] зат. тар. *Түркі тілдес тайпалар бірлестігінің жазба деректердегі жалпы атауының бірі [Қытай жазбаларында те-лэ, орыс деректерінде – тирсевичтер деп аталған. VI-IX ғг. Еділден Солтүстік Моңғолияға дейінгі кең далада мал өсіріп, көшіп-қонып жүрген. Жылнама деректері бойынша 6 ғ-да теленің құрамында көптеген тайпалар болған].*
**ТЕЛЕ...**[2] [грек. tele] *Күрделі сөздердің бөлігі.* 1. *Қашықтықты, үлкен қашықтыққа әсер етуді білдіреді (мыс., теледидар, телеграф).*
**ТЕЛЕ**[3] зат. *Құс ұстау үшін құрылатын тор қоятын күрке – жертөле; аңшылар тығылатын жер үй.*
**ТЕЛЕАЙТЫС** зат. *Теледидардан көрсетілу үшін өткен ақындар айтысы, бағдарлама.*
**ТЕЛЕАРНА** зат. *Телехабарлар мен телеөнімдерді көрсетуді ұйымдастыратын мекеме.*
**ТЕЛАРХЕ** мед. *Екінші жыныстық белгілердің қалыптасуы.*
**ТЕЛЕӘҢГІМЕ** зат. *Телевизия арқылы берілетін әңгіме, очерк.*
**ТЕЛЕБАҒАН** зат. *Телевизияға арнап салынған бағана.*
**ТЕЛЕБАСҚАРУ** зат. *Зымыранды және басқа нысандарды қашықтан басқару әдісі.*
**ТЕЛЕВИДЕНИЕ** ор. зат. ***Теледидар.***
**ТЕЛЕВИЗИЯ** зат. *Техниканың электрлік құралдар арқылы объектінің кескінін алыстан көрсетуді іске асыратын саласы.*

**ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ** сын. *Теледидарға қатысты, соған тән.*

**Телевизиялық кадр.** кино. *Бір дүркіндік телевизиялық кескін.*

**ТЕЛЕВИЗОР** [грек. tele – алыстан, лат. visio – көру] зат. ***Теледидар*** *(Объектінің кескінін алыстан алып көрсететін радиотехникалық құрылғы).*

**ТЕЛЕГЕЙ** зат. *Көп жерді алып жатқан ұшы-қиыры жоқ мол су. // Өте көп, мол.*

**ТЕЛЕГЕЙЛЕН=** ет. *Телегейге айналу, суы молаю; көбею, ұлғаю.*

**ТЕЛЕГЕЙЛЕНУ** *Телегейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕГЕЙ-ТЕҢІЗ** сын. **1.** *Ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз.* **2.** *Орасан көп, есепсіз.*

**ТЕЛЕГРАММА** [грек. tele – алыстан, грек. gramma – әріп] зат. ***Жеделхат*** *(телеграф арқылы берілген хабар және хабар жазылған бланк, қағаз).*

**Телеграмма берді**. *Телеграмма салды, хабар жіберді.* **Телеграмма соқты.** *Жеделхат салды, жіберді.*

**ТЕЛЕГРАММАЛЫҚ** сын. *Телеграммаға қатысты, телеграмма түріндегі.*

**ТЕЛЕГРАММАШЫ** зат. *Телеграмма таратушы адам.*

**ТЕЛЕГРАФ** [грек. tele – алыстан, грек. graphō – жазамын] зат. **1.** *Электр қуатымен сым арқылы не сымсыз алысқа хабар жеткізетін құрылғы.* **2.** *Аппараттар (құрылғылар) арқылы алыстан хабар алып не хабар таратып отыратын орын, мекеме.*

**Телеграф аппараты.** *Электрлік телеграф хабарларын қабылдауға және таратуға, телеграф байланысын құруға арналған құрылғы.* **Телеграф кілті.** тех. *Морзе коды бойынша түзілген телеграф дабылын таратқыш.* **Телеграф стансысы.** *Телеграф желісінің байланыс арналарын жалғауға (коммутациялауға) арналған жабдықтар кешені.*

**ТЕЛЕГРАФИСТ** зат. *Телеграммалар жіберіп және қабылдап отыратын маман, қызметкер.*

**ТЕЛЕГРАФИЯ** зат. *Ғылым мен техниканың телеграф сигналдарын тарату әдістері мен оларды жүзеге асыратын құрылғыларды жасау, телеграф байланысын құру принциптерінің және телеграф арнасымен таратылған ақпараттың сапасын бағалау мәселелерімен шұғылданатын саласы.*

**ТЕЛЕДИДАР** зат. ақп.-тех. *Электромагнитті толқын арқылы алыстағы бейнені көрсететін техникалық құрылғы.* **2.** *Ғылымның, техниканың, қоғамдық өмірдің құбылыстарды, оқиғаларды қашықтан көрсетумен байланысты саласы.* **3.** *Телекоммуникация құралдары арқылы хабарлар мен ақпараттық бағдарламаларды көрсететін бұқаралық ақпарат құралдарының негізгісі.*

**Теледидар байланысы.** *Теледидар аппаратурасының көмегімен жүзеге асырылатын байланыс түрі.* **Теледидар мұнарасы.** *Металдан, темірбетоннан немесе аралас материалдардан тұрғызылған, ұшар басына телехабар, радиохабарларды таратушы стансылардың, жылжымалы нысандары мен радиорелелі, радиотелефондық байланыс жасау антенналары, кейде метеорологиялық бақылауға арналған аспаптар орнатылатын ғимарат.* **Теледидар сәулесі.** *Теледидар жарығы, көгілдір экран.*

**ТЕЛЕДИДАРЛЫҚ** сын. *Теледидарға қатысты.*

**Теледидарлық барлау.** *Теледидарлық аппараттардың көмегімен іске асырылатын барлау тәсілі.*

**ТЕЛЕДРАМАТУРГИЯ** зат. *Теледидар арқылы көрсететін драмалық туындыларды зерттеу саласы.*

**ТЕЛЕЖКА** ор. зат. *Тракторға жалғанатын жүк арба.*

**ТЕЛЕЖОБА** зат. *Телевизияға арналған белгілі бір ауқымды тақырыпты сөз ететін байқау – бағдарлама.*

**ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ** зат. *Теледидар журналисі.*

**ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА** зат. *Арнайы техникалық құралдар арқылы бейнелік ақпарат таратудың шығармашылық жүйесі, бұқаралық ақпарат құралының бір парасы, жаңалықтар мен оқиғаларды көрерменге жеткізіп, қоғамдық ой-пікір мен дүниетанымды қалыптастыратын көркем публицистикалық қызмет түрі, шешендік өнердің бір тармағы, тележурналистердің шығармашылық әдіс-тәсілдері мен шеберлік қырларын жүйелейтін білім мен ғылым саласы.*

**ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ** зат. *Телебағдарламаларды жүргізуші маман, журналист.*

**ТЕЛЕКАМЕРА** зат. *Теледидарға түсіретін бейнекамера.*

**ТЕЛЕКЕҢІСТІК** зат. *Телевизиялық қойылымдар мен бағдарлама, хабарлар түрінде теледидар арқылы ақпарат алмасудың жалпы аумағы.*

**ТЕЛЕКИНЕЗ** [грек. telekinesis] зат. парапсихол. *Биоэнергетиканы қолдану арқылы заттарды кеңістікте бір орыннан екінші орынға қозғауға мүмкіндік беретін экстрасенсорлық қасиет.*

**ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ** зат. *Ғылым мен техниканың халықты ақпараттық қызметтің барлық түрімен қамтамасыз ететін саласы; қашықтықтан ақпарат алмасуды жүзеге асыратын технологиялар жиынтығы.*

**ТЕЛЕКОРРЕСПОНДЕНТ** зат. *Теледидар арқылы берілетін ақпараттық хабарларды оқиға орнынан жеткізетін, баяндайтын тележурналист.*

**ТЕЛЕКӨЗ** зат. *Көпшілік жиналатын, жүретін орындарға қойылатын телекамера, бейнекамера.*

**ТЕЛЕКӨПІР** зат. *Телевизия құралдары арқылы бір-бірінен алыс тұрған адамдардың өзара дидарласып әңгіме-сұхбат жүргізуі.*

**ТЕЛЕКӨРЕРМЕН** зат. *Теледидар көрермені.*

**ТЕЛЕКС** [ағыл. telex] зат. *Абоненттік телеграфтың халықаралық желісі.*

**ТЕЛЕҚАБЫЛДАҒЫШ** зат. *Теледидарлық жабдықтармен жабдықталған қабылдағыш аппарат.*

**ТЕЛЕҚОЙЫЛЫМ** зат. *Телевизия арқылы көрсетілетін көркем шығармалар негізінде жасалған спектакльдер т.б.*

**ТЕЛЕЛОКАТОР** зат. *Теледидарлық локатор.*

**ТЕЛЕМЕТРИЯ** [грек. tele – алыстан, metron – өлшем] зат. *Зерттелетін заттан қашықта тұрған жағдайда ол туралы іздеген мәліметтерді алуға мүмкіндік туғызатын жүйе.*

**ТЕЛЕМЕХАНИКА** [грек. tēle – алыстан, грек. mēchanikē – мәшине құрылысы] зат. *Ғылым мен техниканың қашықтан басқару мақсатында ақпаратты (сигналдарды) таратып-қабылдаудың техникалық құралдары мен әдістерін жасаумен айналысатын саласы.*

**ТЕЛЕМЕХАНИКАЛЫҚ** сын. *Телемеханикаға қатысты.*

**ТЕЛЕМҰНАРА** зат. *Теледидар мұнарасы.*

**ТЕЛЕНОМУС** зат. биол. *Жұмыртқа жегіш паразит.*

**ТЕЛЕОЙЫН** зат. *Теледидардан көрсетуге арналған ұлттық немесе заманауи ойын, жарыс.*

**ТЕЛЕОЛОГИЯ** [грек. telos – мақсат, logos – ілім] зат. филос. *Табиғат құбылыстарының мақсатқа сай дамуы жайындағы ілім.*

**ТЕЛЕОРТАЛЫҚ** зат. *Теледидар хабарларын ұйымдастырып отыратын орталық орын, мекеме.*

**ТЕЛЕӨНЕР** зат. *Platform: Тележүргізушілік, тележурналистік, дикторлық, телекорреспонденттік сияқты теледидарға қатысты қабілеттіліктің жалпы атауы.*

**ТЕЛЕӨНІМ** зат. *Теледидар арқылы берілетін хабар, бағдарлама т.с.с.*

**ТЕЛЕПАТ** зат. парапсихол. *Телепатия қабілетіне ие адам.*

**ТЕЛЕПАТИЯ** [грек. tēle – алыстан, pathos – сезім] зат. парапсихол. *Психологиялық күйдің біреуден-біреуге алыстан берілуі, қашықтан сезілуі.*

**ТЕЛЕСАБАҚ** зат. *Телевизия арқылы өткізілетін сабақ.*

**ТЕЛЕСАЙЫС** зат. *Қоғам қайраткерлері, танымал тұлға, шешендердің, сондай-ақ айтары бар тұлғалардың қоғамдық маңызы бар тақырыпта екі немесе одан да көп жақ болып, теледидардан көрсетуге арнап сайысатын шоу-бағдарламасы.*

**ТЕЛЕСКОП**[1] [грек. tēle – алыстан, skopeō – қараймын] зат. *Аспандағы жұлдыздарды жақын етіп көрсететін оптикалық аспап; аспан шырақтарын электр-магниттік сәуле арқылы бақылауға арналған астрономиялық құрал.*

**ТЕЛЕСКОП**[2] [лат. telescopium] зат. астр. *Жұлдыздық аспанның оңтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

**ТЕЛЕСПЕКТАКЛЬ** зат. *Теледидар арқылы көрсетілетін спектакль.*

**ТЕЛЕСТАНЦИЯ** зат. *Теледидар арқылы суретті хабар тарататын стансы.*

**ТЕЛЕСТУДИЯ** зат. *Теледидар арқылы берілетін хабарды ұйымдастыратын мекеме.*

**ТЕЛЕТАЙП** [ағыл. teletype] зат. ***Телетаспа.***

**ТЕЛЕТАРАТЫЛЫМ** зат. *Телевизия арқылы жіберілетін, көрсетілетін өнімдер.*

**ТЕЛЕТАСПА** зат. *Телеграммада жазылған сөздерді өзі басып беретін телеграф аппараты.*

**ТЕЛЕТРАНСЛЯТОР** зат. *Теледидар арқылы берілетін хабарды трансляция жасайтын, тарататын құрылғы.*

**ТЕЛЕТУЫНДЫ** зат. *Телевизиялық шығарма.*

**ТЕЛЕТІЛШІ** зат. *Телекорреспондент.*

**ТЕЛЕФАКС** [ағыл. telfacs] зат. **1.** тех. *Телефон каналдары арқылы жүзеге асырылатын абоненттер арасындағы қалааралық факстық байланыс.* **2.** *Факстық байланысқа арналған сканерлеу және басып шығару құрылғысы бар аппарат.* **3.** *Факстық байланыстағы абонент нөмірі.* **4.** *Факстық байланыс арқылы жіберілетін хабарлама.*

**ТЕЛЕФИЛЬМ** зат. *Теледидарлық хабар желісінде көрсету үшін (теледидардың техникалық мүмкіндігін және теледидар экранынан қабылдау ерекшелігін ескере отырып) дайындалған арнаулы фильм.*

**ТЕЛЕФОН** [грек. tele – алыстан, phōnē – дыбыс] зат. *Электр қуатымен сым арқылы алыстан сөйлесудің техникалық аспаптар жүйесі; микрофоннан шыққан электр тербелістерін дыбыс тербелістеріне түрлендіруге арналған электроакустикалық аспап.*

**Телефон аппараты.** *Телефон байланысының абоненттік желісіне жалғастырылатын сөйлеу құрылғысы.* **Телефон байланысы.** *Сым арқылы немесе радиосигналдар көмегімен дыбысты ақпараттарды қашықтыққа жеткізуді жүзеге асыратын электрлік байланыс түрі [Телефон байланысы 1876 ж. америкалық өнертапқыш А.Белл (1847–1922) ойлап тапқан телефон аппараты мен алғашқы телефон стансысының пайда болуынан (1878, АҚШ) басталды].* **Телефон қоңыраулады.** сөйл. **Телефон құлағын тоздырды.** *Телефоннан түспеді, дамылсыз телефонмен сөйлесті.* **Телефон орнату.** *Телефон аппаратын телефон жүйесіне жалғау; тұрмыстық қызмет түрі.* **Телефон соқты [шалды].** *Телефон арқылы сөйлесті, хабарласты.* **Телефон стансысы.** *Телефон желісінің байланыс арналарын коммутациялауға арналған техникалық құралдардың кешені орналасқан ғимарат.* **Телефон ұрды.** *Телефон арқылы сөйлесті.*

**ТЕЛЕФОНДА=** ет. сөйл. *Телефон соғу, телефонмен хабарласу.*

**ТЕЛЕФОНДАНДЫР=** ет. сөйл. *Телефон орнату, телефонмен қамтамасыз ету.*

**ТЕЛЕФОНДАНДЫРУ** *Телефондандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛЕФОНДАС=** ет. сөйл. *Телефонмен сөйлесу.*

**ТЕЛЕФОНИСТ** з а т . *Телефонмен жұмыс істейтін маман.*

**ТЕЛЕФОНИСТКА** з а т . с ө й л . *Телефонмен жұмыс істейтін әйел адам.*

**ТЕЛЕФОНИЯ** з а т . *Ғылым мен техниканың телефон байланысы жүйесін орнату принциптерін, оларды жүзеге асыратын аппаратура шығару, сондай-ақ телефон байланысы арналарымен таратылатын сөздік ақпараттың сапасын бағалау мәселелерімен шұғылданатын саласы.*

**ТЕЛЕФОНОГРАММА** з а т . *Телефон арқылы берілетін хабар, қатынас сөз.*

**ТЕЛЕФОНХАТ** з а т . *Абонентпен тікелей телефонмен хабарласу мүмкін болмаған жағдайда және мекеме әкімшілігіне жалпы хабарлау мақсатында телефон арқылы дыбыстап айтып жаздыратын хат.*

**ТЕЛЕФОНШЫ** з а т . с ө й л . *Телефонмен жұмыс істейтін адам, байланысшы.*

**ТЕЛЕХАБАР** з а т . *Теледидар арқылы берілетін жаңалық, хабар; теледидар бағдарламаларын құру және оларды эфирге тарату коммуникациялық құралдарының бірі.*

**ТЕЛИТ** м е д . а у р у . *Сүт безіндегі емізгінің қабынуы.*

**ТЕЛЛУР** [лат. tellus] з а т . х и м . *Металдық жылтырлығы бар күміс түстес ақ кристалды зат.*

**ТЕЛЛУРИДТЕР** з а т . х и м . *Теллурсутектің тұздары саналатын, теллур элементінің металдармен қосылыстары ретіндегі минералдар класы.*

**ТЕЛМЕҢДЕ=** е т. *Жалтақтап, көзін сатып дәмелену, жаутаңдау.*

**ТЕЛМЕҢДЕС=** е т. *Телмең-телмең етісу.*

**ТЕЛМЕҢДЕТ=** е т. *Жалтақтату, жаутаңдату, біреудің қолына қарату.*

**ТЕЛМЕҢДЕТУ** *Телмеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛМЕҢДЕУ** *Телмеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛМІР=** е т. **1.** *Көз алмай ұзақ тесіле қарау, қадалып қарау.* **2.** а у ы с . *Дәмелену, үміттену.* **3.** а у ы с . *Көзін сату, күні түсу.* **4.** а у ы с . *Іздену, соңына түсу.*

**ТЕЛМІРТ=** е т. **1.** *Тесірейе қарау.* **2.** а у ы с . *Дәмелендіру, үміттендіру, жаутаңдату.*

**ТЕЛМІРТУ** *Телмірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛМІРУ** *Телмір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛМІРІС=** е т. **1.** *Көз алмай ұзақ қарасу.* **2.** а у ы с . *Үміттерін үзбеу, күтісу.*

**ТЕЛМІРІСПЕК** з а т . о й ы н . *Көздің өткірлігі, қырағылығы, адамның шыдамдылығы сыналатын қазақ халқының ұлттық ойыны.*

**ТЕЛМІРІСУ** *Телміріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛНЯЖКА** з а т . *Теңізшілер, теңіз әскерінде қызметін өтейтіндер киетін көк пен ақ жолақ түсті мәйкі.*

**ТЕЛОГРЕЙКА** з а т . *Ер адамдардың мақта салынып тігілген ішкиімі.*

**ТЕЛОМЕРЛЕР** з а т . б и о л . *Хромосомалардың табиғи ұштары.*

**ТЕЛОФАЗА** [грек. telos – соңы, phasis – пайда болу] з а т . б и о л . *Аналық жасушадан екі жас жасуша түзілетін митоздың соңғы фазасы.*

**ТЕЛПЕК**[1] з а т . *Төбеге ғана киетін жұқа баскиім, тақияның бір түрі.*

**Телпек тақия.** *Төбеге ғана киетін тақия сияқты баскиім.*

**ТЕЛПЕК**[2] з а т . с т и л ь . к е к е с і н . *Еркексымақ, ер мінезі жоқтар.*

**ТЕЛПЕКБАЙ**: **атқа жеңіл телпекбай.** *Барып кел, алып келге дайын тұратын бала.*

**ТЕЛПЕКТЕЙ** с ы н . *Телпек сияқты.*

**ТЕЛПЕКТІ** с ы н . *Телпек киген, телпегі бар.*

**ТЕЛТУМА** з а т . о к к а з . *Аударма туынды.*

**ТЕЛУ**[1] з а т . **1.** *Енесі өлген төлді басқа малдың бауырына салу.* **2.** *Жемісті ағаштарды көбейтудің негізгі әдісі, будандастыру.*

**ТЕЛУ**[2] *Телі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төлі өлген малға басқа төлді қосып емізу.* **2.** а у ы с . *Біреуге тән деп санау, меншіктеу.* **3.** *Байланысты, тәуелді болу.*

**ТЕЛШЕ** з а т . *Жылқының қабырғамен ұштас ішекке тығылмаған сүбелік майы.*

**ТЕЛШІК** з а т . с ө й л . ***Телше.***

**ТЕЛІ=** е т. **1.** *Төлі өлген малға басқа төлді қосып емізіп үйрету немесе жетім қалған төлді басқа сүтті малға қосып емізу.* **2.** *Әртүрлі ағаш немесе өсімдіктердің бұтақтарын бір-бірімен будандастыру.* **3.** а у ы с . *Біреуге тән деп санау, лайықтау, меншіктеу.* **4.** а у ы с . *Біреуді-біреуге қосақтау, ерлі-зайыпты ету.*

**Телі бұзаулы сиыр.** *Өз төліне екінші бір бұзауды қоса емізетін сиыр малы.*

**ТЕЛІЗ** с ы н . *Даңғаза, тентек.*

**ТЕЛІМ**[1] з а т . *Жердің белгілі бір бөлігі.*

**Телім алды.** *Үлес, сыбаға алды.* **Телім сыбаға.** э т н . *Марқұм болған адамды жерлеу рәсіміндегі ақша, мата-жыртыс, киім-кешек, мал үлестіру ғұрпы.*

**ТЕЛІМДЕ=** е т. *Бөлісу, үлесу.*

**ТЕЛІМДЕС** с ы н . *Үлестес, сыбағалас, телімі ортақ.*

**ТЕЛІМ-ТЕЛІМ** с ы н . с ө й л . ***Тілім-тілім.***

**Телім-телімі шықты.** *Тілім-тілім болып діңкеледі, шаршап-шалдықты, тентіреді.*

**ТЕЛІМЕЛІ** с ы н . *Басқа нәрсеге ұқсатылған немесе басқа нәрседен көшірілген, қайталанған, жасанды.*

**ТЕЛІН=** е т. **1.** *Төлі өлген малға басқа төлдің емізілуі.* **2.** *Әртүрлі өсімдік бұтақтарының біріне будандастырылуы.* **3.** а у ы с . *Әйелдің ер кісіге қосақталуы, тұрмысқа шығуы.*

**ТЕЛІНУ** *Телін етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕЛІНУШІ** з а т . б и о л . *Будандастыру үшін қондырылатын басқа өсімдіктің бүршігі бар өркені.*

**ТЕЛІ-ТЕНТЕК** з а т . *Есер, есуас, содыр-сотқар.*

**ТЕЛІТУШІ** з а т . б и о л . *Телінушіні қабылдайтын (телінетін) өсімдік немесе оның бір бөлімі.*

**ТЕЛЯЗИОЗ** [лат. Thelaziosis] з а т . в е т . *Ірікараның көз жасы түтіктерінде, қабақтарының астында тоғышар тіршілік ететін жұмыр құрттардың әсерінен мал көздерінің қызарып ісінуі, іріңдеуі, тіпті ойылып не тесілуге, сөтін соқыр болуға апаратын мал ауруы.*

**ТЕМА** [грек. thema] з а т . л и н г в . *Сөйлемдегі актуалды мүшелеудің компоненті.*

**ТЕМБР** [франц. timbre] з а т . **1.** м у з . *Дауыстың өзіндік ерекшелігі, сазы; өзіне тән үні.* **2.** л и н г в . *Сөздегі қуаныш, реніш, ашу сияқты эмоционалды реңктерді анықтайтын интонацияның компоненті.*

**ТЕМЕК** з а т . к ә с . *Ауды тартатын құрал.*

**ТЕМЕКІ** з а т . <лат. nicotiana> **1.** ө с . *Биіктігі 1-1,5 м-дей, жылу, ылғал, жарық сүйгіш, иісі жағымсыз, жабысқақ түрі болатын, жапырағында никотин деп аталатын алколоид болады, өте улы. алқа тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты мәдени өсімдік.* **2.** *Тарту үшін темекі өсімдігінің кептіріліп, ұгітілген жапырағынан шиыршықталып дайындалған шылым.*

**Темекі бұйым.** *Никотині бар фармацевтік өнімдерден басқа құрамында темекі бар кез келген бұйым.* **Темекі дорба.** *Темекі салатын кішкентай қалта.* **Темекі өсіру.** а у ы л ш а р . *Техникалық өсімдіктер шаруашылығының бір саласы.* **Темекі тарту.** *Негүрлым кең таралған зиянды әдеттердің бірі, шылым шегу.* **Темекі ширату.** ж е р г . *Темекі орау.*

**ТЕМЕКІБАС** з а т . б о т . *Басы темекінің басына ұқсас.*

**ТЕМЕКІГҮЛ** з а т . ө с . *Гүлі темекінің гүліне ұқсас келетін, әсемдік үшін өсірілетін гүлді өсімдік.*

**ТЕМЕКІДЕЙ** с ы н . *Темекі сияқты, темекі тәрізді.*

**ТЕМЕКІЛІ** с ы н . *Темекісі бар; темекі өсетін.*

**ТЕМЕКІСІЗ** с ы н . *Темекісі жоқ; темекі өспейтін, темекі тартпай.*

**ТЕМЕКІШӨП** з а т . ө с . <лат. doronicum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ТЕМЕКІШІ** з а т . **1.** к ә с . *Темекі шаруашылығымен айналысатын адам.* **2.** *Темекі тартуға үйір, темекі тартқыш адам.*

**ТЕМЕКІШІЛ** с ы н . *Темекіні көп тартатын, темекіқұмар.*

**ТЕМЕЛЕК** з а т . к ә с . ж е р г . *Балық түйрейтін ұшты, өткір қармақ.*

**ТЕМП** [итал. tempo] з а т . **1.** с ө й л . *Екпін, қарқын.* **2.** л и н г в . ***Қарқын*** *(әртүрлі себептерге байланысты тез өзгеріп отыратын сөйлеушінің сөз жылдамдығы).*

**ТЕМПЕРА** [итал. tempera] з а т . *Бояумен салынған кескіндеме.*

**ТЕМПЕРАМЕНТ** [лат. temperamentum] з а т . п с и х о л . *Сыртқы әсерді сезгіштік қасиет, қабілет; жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі.*

**ТЕМПЕРАТУРА** [лат. temperatura] з а т . ф и з . **1.** *Макроскопиялық жүйенің термодинамикалық тепе-теңдік күйін сипаттайтын физикалық шама.* **2.** *Қалып-күйдің жылылық дәрежесі.* **3.** *Дене қызуы (ауырғандықтың белгісі), ыстықтық.*

**Температура өткізгіштік коэффициенті.** ф и з . *Жылу өткізгіштік коэффициенті мен зат тығыздығы көбейтіндісінің, оның меншікті изобаралық жылу сыйымдылығына қатынасына тең, стационар емес жылу процестеріндегі зат температурасының өзгеру жылдамдығының сипаттамасы.*

**Температурасы жоғары.** с ө й л . *Қызуы көтерілген, дене жылуы қалыпты жағдайдан жоғары, ыстық.*

**ТЕМПЕРАТУРАЛЫ** с ы н . *Температурадағы, температурасы бар, температураға ие.*

**Температуралық жік.** *Ғимарат пен имарат аралығын екі бөлікке бөліп тұратын және олардың өзара алмасуына мүмкіндік беретін тұрақты саңылау.* **Температуралық шкала.** *Температураның әртүрлі мәндеріне сәйкес келетін сандар тізбегінің жүйесі.* **Температуралық компенсатор.** т е х . *Ашық салынған құбыр желісі ұзындығының температураға байланысты өзгерісін қабылдау үшін орнатылатын құрылғы.*

**ТЕМПЕРАТУРАӨТКІЗГІШТІК** з а т . *Температураның өзгеру (теңелу) жылдамдығын сипаттайтын шама.*

**ТЕМПОЗИЛ** з а т . м е д . *Ішкілікке қарсы қолданылатын дәрі.*

**ТЕМСАҚ** з а т . з о о л . ***Қолтырауын.***

**ТЕМТІК** з а т . ж е р г . *Белгі, орден.*

**ТЕМІР** з а т . **1.** *Берік және салмақты металл; шойын мен болаттың негізгі бөлігі.* **2.** х и м . <лат. ferrum> *Элементтердің периодтық жүйесінің VIII тобындағы химиялық элемент.* **3.** а у ы с . *Шыдамды, төзімді.*

**Темір ағашы.** *Сүрегі темірдей қатты әрі берік ағаш.* **Темір бактериялары.** б и о л . *Морфологиялық және физиологиялық жағынан ерекше, әртүрлі таксономиялық топқа жататын көптеген прокариоттардың ішінде клетка бетінде темір мен мырыш тотықтарын тұндырып, жинайтын қабілеті бар микроорганизмдер.* **Темір дәуірі.** т а р . *Адамзат тарихында қола дәуірін алмастырған, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси, демографиялық, технологиялық өзгерістерді дүниеге әкелген жаңа кезең.* **Темірді қызған кезінде [қызуында] соқ.** *Әр нәрсені өз уақытында, дер кезінде істе, мезгілін өткізіп алма деген мағынада.* **Темір ер.** ж е р г .

*Ершік, ыңыршақ.* **Темір етік.** спорт. *Тас немесе жердегі жолмен жарысқан кезде мотоциклші киетін спорт киімнің бір түрі.* **Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда.** фольк. *Арып-ашып әбден болдырғанда, титығы жеткенде.* **Темір жаба.** жерг. *Шөп үйетін айыр.* **Темір жосасы.** *Борпылдақ, ұнтақталған минералды жиынтық.* **Темір келі.** *Шойыннан құйылған келі.* **Темір кендері [кентастары].** *Құрамынан темірді бөліп алу экономикалық жағынан тиімді болып табылатын минералдық түзінділер.* **Темір киген.** *Сауыт киіп, сайман асынған.* **Темір көзді.** *Темірмен қоршалған тор көзді.* **Темір көзді сарай.** *Абақты.* **Темір қанат.** *Қанаты қатая бастаған, ұшуға талпына бастаған.* **Темір қара көк.** *Қара күреңденген түс (аттың түсі).* **Темір қорытпалары.** кен. *Құрамбөліктерінің біреуі (әдетте басым болатын) темір болып келетін металл жүйелер.* **Темір құрсаудай.** *Қатты, күшті, тегеурінді.* **Темір құрсауды үзді [талқандады].** *Жеңу, қол жеткізу мүмкін емес нәрсені жеңді, жеңіске жетті.* **Темір масақ.** поэт. окказ. *Бақсының салдыр-сұлдыр еткен әлпеншектері.* **Темір мосы.** *Темірден жасалған мосы.* **Темір ошақ.** *Темірден істеліп, жерге тірелетін үш аяғы, қазанның түбіне кигізілетін шеңбері болатын ошақтың түрі.* **Темір перде**. тар. бейн. *Қырғи-қабақ соғыс жылдары демократиялық батыс пен коммунистік (тоталитарлық) шығысты бейнелеген теңеу.* **Темір тәртіп.** *Қатаң тәртіп, ереже.* **Темір терезе.** *Темір тор.* **Темір тор.** *Темірден торлап жасаған бекініс.* **Темір тордың асты.** бейн. *Түрме, қамау.* **Темір тұлпар.** бейн. совет. а) *Трактор туралы.* ә) *Көлік туралы.* **Темір шелек.** *Темірден жасалған, мықты су таситын ыдыс.* **Темір таяғы тебендей болды [қалды].** *Жұқарды, тозды, азайды.* **Темірден [сүйектен] түйме түйетін.** *Асқан шебер, ісмер.*

**ТЕМІРАҒАШ** зат. бот. *Қаудаған.*

**ТЕМІРАҒАШ** зат. бот. *Тасқайың.*

**ТЕМІРАҒАШ** [ор. железное дерево] зат. бот. *Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия, Африка ормандарында өсетін, биіктігі 30 м, жуандығы 1,5 м шамасына дейін жететін, сүрегі қатты ағаш. Бұл ағаш көбінесе кеме жасау ісінде қолданылады.*

**ТЕМІРАЙДАУЫШ** зат. жерг. *Темірді өңдеп тегістеу үшін қолданылатын құрал.*

**ТЕМІРБЕТОН** зат. *Әртүрлі құрылымдар құрамында сыртқы әсерді бірге қабылдайтын болат арматура мен бетоннан біртұтас болып құралған элемент.*

**Темірбетон құбыр желісі.** сушар. *Тегеурінді ағынды суды пайдаланушыларға (тұтынушыларға) жеткізуге арналған құбыр түрі.* **Темірбетонды құрылымдар.** сушар. *Гидротехникалық құрылыстар мен имараттардың темірбетоннан құйып жасалған құрылымдары.*

**ТЕМІРДЕЙ** сын. **1.** *Темір сияқты, қып-қызыл болып.* **2.** *Қатты, берік.* **3.** ауыс. *Қарулы, қайратты, күшті.* **4.** ауыс. *Мықты, мығым.*

**Темірдей күшті.** *Қайратты, қарулы.* **Темірдей қатқан.** *Мықты, мығым.* **Темірдей қысып.** *Қатты қысып, босатпай.* **Темірдей мықты.** *Берік.* **Темірдей тұтас.** *Мызғымас, ажырамас.* **Темірдей қарыды.** *Үсіріп жіберді, аяздай батты.* **Темірдей шегеленді.** *Тастай боп қатып қалды.* **Темірдей шырықты.** *Сомдалды, қатайды.*

**ТЕМІРЕК** зат. жерг. *Ескі темір күрек.*

**ТЕМІРЕТКІ** зат. мед. <грек. mykes> *Саңырауқұлақтар тудыратын дөңгеленіп бөртіп шығатын қышымалы, жұқпалы тері ауруы.*

**ТЕМІРЕТКІДЕЙ** сын. **1.** *Теміреткі сияқты.* **2.** ауыс. *Ақтаңдақ, алағат.* **3.** ауыс. *Ойдым-ойдым.*

**ТЕМІРЖАБА** зат. жерг. *Шөп үйетін темір айыр.*

**ТЕМІРЖОЛ** зат. **1.** *Пойыз, трамвай сияқты көліктер жүруге арнап темірден төселген жол.* **2.** *Теміржол қызметін көрсететін мекеме, өндіріс т.с.с. жалпы атауы.* **3.** *Белгілі бір бағытта ғана жүретін, рейсті теміржол торабының жалпы атауы.*

**Теміржол вокзалы.** *Жолаушылар тасымалдайтын теміржол көлігі аялдамаларындағы ғимараттар, құрылыстар мен құрылғылар кешені.* **Теміржол көлігі.** *Көлік кешенінің жетекші саласы, жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы, пойыз.* **Теміржол құрылысы.** *Теміржол қатынасын, рельс т.б. салуға арналған жұмыс кешені.* **Теміржол стансысы.** *Теміржол көлігі аялдайтын, теміржол көлігіне және жолаушыларға түрлі қызметтер: жүктерді қабылдау, жүк тиеу-түсіру, сақтау және жеткізу жұмыстары жүргізілетін, локомотивтер мен вагондар құрастырылатын, т.б. техникалық қызмет көрсетілетін, тасымал үдерісін басқаратын кәсіпорын.* **Теміржол тарифі.** *Теміржол көлігімен жүк, жолаушы, жолжүк және пошта тасымалдау, сондай-ақ жүк тиеу-түсіру жұмыстары құнының ақшалай көрсеткіші.* **Теміржол торабы.** *Бірнеше теміржол желісі қиылысатын немесе бірігетін жерде орналасқан, жалпы теміржол жүйесіндегі маңызды бекет.*

**ТЕМІРЖОЛШЫ** зат. *Теміржолда істейтін жұмысшы, қызметкер.*

**ТЕМІРҚАЗЫҚ** зат. **1.** астр. *Горизонттың терістік жағына орналасқан, Кіші аю шоқ жұлдызындағы ең жарық жұлдыз.* **2.** ауыс. *Негізгі тірек, сенім, беткеұстар үлгі.*

**Темірқазығы болды.** *Бұл жерде үлкен нысана, арманы болды деген ұғымда айтылып тұр.* **Темірқазық жастанбай.** *Қауіп-қатерге басын тігіп, қиыншылық көрмей.*

**ТЕМІРҚАЙЫҢ** зат. бот. *Тасқайың.*

**ТЕМІРЛЕ=** ет. *Темірмен қаптау, темір қағу.*

**ТЕМІРЛЕН=** ет. *Темір салыну, темірмен қапталу, темір қағылу.*

**Темірленген су.** *Темірдің мөлшері 20 мг/дм³-ден астам, емдік қасиеті бар шипалы су.*

**ТЕМІРЛЕТ=** ет. *Темірмен қаптату, темір салдыру.*

**ТЕМІРЛЕТУ** *Темірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕМІРЛЕУ** *Темірле етістігінің қимыл атауы; металл бұйымдарды темірмен электролиздік қаптамалау; темірмен қаптау.*

**ТЕМІРЛІ** сын. **1.** *Темірі мол, темірі көп.* **2.** *Темірмен қаптаған, темір салынған.* **3.** *Темірден жасалған, темірмен қоршалған.*

**Темірлі кварциттер.** кен. *Кембрий кезеңіне шейін қалыптасқан, құрамына кварцыты-темірлі түзілімдерді көптеп кіріктіретін, әртүрлі метаморфтық өзгерістерге ұшыраған шөгінді және жанартаутекті шөгінді таужыныстар.* **Темірлі шөгінділер.** геол. *Жалпы Fe мөлшері > 5% шөгінділер.*

**ТЕМІРОШАҚ** зат. *Қазан асатын үш аяқты темір мүлік.*

**ТЕМІРТАС** зат. *Темір рудасы.*

**ТЕМІРТЕК** зат. **1.** *Жай темірден соққан жасық пышақ.* **2.** *Сейф.*

**ТЕМІРТЕЛПЕК**[1] зат. кен. *Сульфидті кенорындардың құрамында пирит кристалдары өте мол ұшырасатын ең беткі тотыққан қабаты.*

**ТЕМІРТЕЛПЕК**[2] зат. *Төбелік темірі бар, тақия тәрізді дулыға түрі.*

**ТЕМІР-ТЕРСЕК** зат. *Темірден жасалған әртүрлі зат, бұзылған, қолданыстан шыққан темір сынықтары.*

**ТЕМІР-ТҰМЫР** зат. сөйл. ***Темір-терсек.***

**ТЕМІРТІКЕН**[1] зат. өс. <лат. tribulus> *Жер бетінде тырбиып жататын, төменгі жағы тарамдалған, таулы жерде өсетін түйетабандар тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**ТЕМІРТІКЕН**[2] зат. бот. <лат. ceratocephalus> *Шөңгебас.*

**ТЕМІРШАЛАҢ** зат. өс. жерг. *Теңіз түбіндегі өсімдік.*

**ТЕМІРШАР** зат. спорт. *Шар тәрізді, жеңіл атлетика жарысында итеріп лақтыруға арналған металдан құйылған жабдық.*

**ТЕМІРШЕ** зат. жерг. *Тесік ожау; кепсер, майқалақ.*

**ТЕМІРШІ** зат. *Темірден әртүрлі зат жасайтын ұста.*

**ТЕМІРШІЛІК** зат. *Темірден әртүрлі зат жасау өнері; кәсіп.*

**ТЕНАРДИТ** зат. кен. *Сульфаттар класына жататын минерал.*

**ТЕНДЕНЦИЯ** [нем. Tendenz] зат. ***Үрдіс.*** **1.** қоғ.-әлеум. *Жеке тұлғаның бойындағы немесе қоғамдағы мәдени, саяси және әлеуметтік-идеологиялық көзқарастар мен түсініктердің негізгі бағыттары.* **2.** әдеб. *Автордың өзі бейнелеп отырған өмір шындығына деген идеялық-эмоциялық қарым-қатынасы, образдар жүйесі арқылы берілген маңызды мәселелерді ой елегінен өткізу, бағамдау.*

**ТЕНДЕР**[1] зат. *Паровоз құрылғыларының бірі.*

**ТЕНДЕР**[2] [ағыл. tender] зат. экон. **1.** *Жазбаша ұсыныс, өтінім, оферта.* **2.** *Бағалы қағаздарға жазылу, сауда-саттық туралы өтініш.* **3.** *Тауарды фьючерстік биржадағы мерзімді шарт бойынша жеткізу ниеті туралы хабарлама.* **4.** *Қор биржасында қазыналық вексельдерді немесе облигацияларды тиянақты бағамен сатып алуға ұсыныс.* **5.** *Сатып алушы белгілі бір техникалық-экономикалық сипаттамадағы тауарға (нысанға, жобаға, бұйымға, т.б.) байқау жариялайтын сауда-саттық, көтере сатып алу нысаны.*

**ТЕНДИНИТ** [лат. Tendo – тарамыс] *Жылқының жарақаттануы, тайып жығылуы, қарғуы, секіруі, кейде індет ауруларға шалдығуы салдарынан зақымданған жердің ісінуі, қызуы, ауруы, осыған орай малдың ақсауы сияқты белгілерімен сипатталатын дерт.*

**ТЕНДОВАГИНИТ** [лат. ten do – тарамыс, vagina – қынап] зат. вет. *Тарамыс қынабының қабынуы.* [*Әдетте жылқы мен сиырдың жарақаттануы, ұрылып-соғылуы, бруцеллез, туберкулезге, ревматизмге шалдығуы салдарынан зақымданған жердің ісінуі, қызуы, малдың ақсауы сияқты белгілермен сипатталатын дерт*].

**ТЕНОТОМИЯ** [грек. tenon – тарамыс, tome – тілу, кесу] зат. вет. *Малдың кейбір аяқ буындары жазылмай қалғанда жасалатын операция, тарамысты кесу.*

**ТЕНЕК** зат. жерг. *Түп жағы кеңдеу, аласа күбі.*

**ТЕНЕУ=** ет. жерг. *Тентіреу, адасу, бір жаққа басып кету.*

**ТЕНЗОМЕТР** зат. физ. *Белгілі бір базада абсолюттік ұзару мен қысқаруды өлшейтін аспап.*

**ТЕНЗОР** [лат. tendere] зат. мат. *Координаттардың бір жүйесінен басқасына өткен кезде координаттары ерекше заң бойынша түрленетін шама.*

**ТЕНЗОРЛЫҚ** сын. *Тензорға қатысты, тензорға тән.*

**Тензорлық қисап.** мат. *Тензорлардың қасиеттерін және оларға қолданылатын амалдар ережесін зерттейтін математикалық теория.*

**ТЕННИС** [ағыл. lawn-tennis] зат. спорт. *Ортасынан қақ бөлінген корт деп аталатын арнайы алаңда доп және ракетамен ойналатын спорт ойыны.*

**Теннис ішегі.** *Теннис ракетасына керілген серпілмелі, иілгіш жіп тор.*

**ТЕННИСШІ** зат. *Теннис ойынымен машықтанған спортшы.*

**ТЕНОР** [итал. tenore] зат. муз. **1.** *Орта ғасырда (12 ғ-дан) полифониялық шығарманың негізгі ән-әуенін орындайтын басты дауыс (партия).* **2.** *Жоғары регистрде айтылатын ерлер даусы.* **3.** *Үрлемелі оркестрдің қоңыр дауысты аспабы.*

**ТЕНОРИТ** зат. кен. *Тотықтар класына жататын минерал.*

**ТЕНСАТРИН** зат. мед. *Қан қысымын төмендетуге арналған дәрі.*

**ТЕНТ** [ағыл. tent] зат. *Брезент жаппа.*

**ТЕНТЕК**[1] сын. **1.** *Тәртіп бұзғыш, сотқар.* **2.** ауыс. *Баланы жақсы көріп, мейірі түскенде айтылатын сөз.* **3.** *Теріс, қисық.*

**Тентектің ақылы түстен кейін келеді [кіреді].** *Шешімін дер кезінде таппай, кешігіп қалды деген мағынада.* **Тентек боран.** *Бір күшейіп, бір басылып соғатын боран.* **Тентек су.** эвф. *Арақ-шарап, ішімдік туралы.* **Тентекті тыйды.** *Бұзықты түзу жолға салды.*

**ТЕНТЕК**[2] зат. вет. *Миына жалқық құрт түскендіктен болатын мал ауруы.*

**Тентек қойша.** *Ауру малдай, оғаш, қызық.*

**ТЕНТЕККӘДЕ** зат. этн. жерг. *Күйеу келгенде алынатын кәде.*

**ТЕНТЕКҚҰС** зат. зоол. <лат. caprimulgus europaeus> *Тентекқұс отряды, нағыз тентекқұс тұқымдасына жататын жәндік қоректі түн құсы.*

**ТЕНТЕКҚҰСТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. caprimulgiformes> *Құстардың бір отряды.*

**ТЕНТЕКМИЯ** зат. бот. <лат. thermopsis> *Тау беткейлерінде, далалы жерлерде өсетін, бұршақ тұқымдас, екіжылдық улы өсімдік; арамқұмық.*

**ТЕНТЕКСОРАҢ** зат. бот. *Мырзасораң.*

**ТЕНТЕК-ТЕБІЗ** сын. *Тентек.*

**ТЕНТЕКТЕУ** сын. *Сотқарлау, тәртіпсіздеу.*

**ТЕНТЕКТІК** зат. **1.** *Бұзақылық, сотқарлық, тәртіп бұзғыштық.* **2.** *Еркелік, шолжаңдық.*

**ТЕНТІРЕ=** ет. **1.** *Бекер-бос сенделу, сарсылу.* **2.** *Қаңғыру, әуре-сарсаңға түсу, күнелту.*

**ТЕНТІРЕГІШ** сын. *Бекер-бос сандалуға, тентіреп жүруге құмар; қаңғыбас.*

**ТЕНТІРЕК** сын. **1.** *Тентіреуік, қаңғыбас.* **2.** ауыс. *Тұрақсыз, әр саққа жүгірген.*

**ТЕНТІРЕП-ТЕНТІРЕП** үст. *Бостан-бос.*

**ТЕНТІРЕТ=** ет. *Сенделту, қамқорлық көрсетпеу, қаңғырту.*

**ТЕНТІРЕТУ** *Тентірет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕНТІРЕУ** *Тентіре етістігінің қимыл атауы; сенделу, қаңғыру.*

**ТЕНТІРЕУІК** сын. *Үнемі тентіреп жүретін, тентірегіш.*

**ТЕНІК** сын. жерг. *Жынды, ақымақ, әумесер, есерсоқ.*

**ТЕНЭКТОМИЯ** [грек. tenon – тарамыс, ektome – тіліп жіберу, кесіп алу] зат. вет. *Малдың кейбір аяқ буындарының үстін басып өтетін тарамыстардың бір бөлігін кесу, сөйтіп сол буындардың бүгіліп-жазылуын жеңілдету.*

**ТЕҢ**[1] зат. этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында көшкенде түйеге арту үшін салмағын бірдей етіп буып-түйген жүк.*

**Тең арқан.** *Жүкті теңдеп буу үшін қолданылатын арқан.* **Тең бұзу.** зат. этн. *Көне дәстүр бойынша қайтыс болған беделді адамның жылын бергенде оның киім-кешегі және өзі тұтынған қымбат заттары салынған теңнің көпшілік алдында шешілуі. Оларды марқұмның ең жақын туыстары мен көңілі жақын дос-жарандарына естелік етіп тарату салты.* **Тең шешті.** этн. а) *Киіз не кілемнің ортасына салып, шаршылап бүктеліп, жібек арқанмен буылған жүкті, көрпе-төсекті шығарды, ашты.* ә) *Ұзатылған қыздың артынан келген жүгін кәдесін алып, ашып көрсетті.*

**ТЕҢ**[2] сын. **1.** *Бірдей, парапар, қатар.* **2.** *Лайық, сай, пар. // Қатар, жасы шамалас адамдар. // Жас шамасы, ақыл-ойы сәйкес келетін, бір-бірін ұнатып қосылған қыз бен жігіт, ерлі-зайыптылар.*

**Теңін ақтарды.** жерг. *Сырын ақтарды.* **Теңін тапты.** *Өзіне лайықты адамға кез болды.* **Тең дәрежелі.** *Бірдей деңгейдегі.* **Тең жарты.** *Тура жартысы, қақ жартысы.* **Тең жекпе-жек.** спорт. *Спортшылардың өнеріне төрешілер мен мамандардың берген бағасы бойынша елеусіз немесе сәл ғана басымдылығы бар деп есептелген бәсекенің нәтижесі.* **Тең иық.** поэт. *Сымбатты, сұлу мүсін, тік кеуде (қыз).* **Тең келмеді.** *Пар түспеді, пара-пар болмады.* **Тең көрді.** *Алаламады, бәрін біртегіс, бірдей бағалады, бірдей санады.* **Тең көтеру.** зат. ойын. *Ойыншылардың дене күші, шыдамдылығы сыналатын ұлттық ойын түрі [Өз күшіне сенген денелі жігіт етпеттетіліп жатқызылып, үстінен денелі екі жігіт қарама-қарсы отырады. Жатқан жігіт тағандап тұрып, екі жігітті тең көтеріп, түйеше алға жүруі тиіс. Жеңсе, бәйге алады, жеңілсе, мазаққа қалады].* **Тең құрбы.** *Жасы қатар, замандас.* **Тең ойыны.** *Екі жақтың бірінің ұтқандығын, яғни жеңіске жеткендігін мойындатқызбайтын ойын.* **Тең түсті.** *Бірдей болды, қалыспады.*

**ТЕҢАЯҚТЫЛАР** зат. зоол. <лат. isopoda> *Жоғары сатыдағы шаянтәріздірлердің бір отряды.*

**ТЕҢБЕ-ТЕҢ** үст. *Дәлме-дәл, бірдей, нақ.*

**ТЕҢБЕ-ТЕҢДІК** зат. *Дәлме-дәлдік, бірдейлік, тең түсушілік.*

**ТЕҢБЕ-ТЕҢСІЗДІК** зат. матем. *Теңдігі мен теңсіздігі.*

**ТЕҢБІЛ** сын. *Ойдым-ойдым түскен дағы бар, шұбар ала.*

**Теңбіл бақа.** зоол. <лат. psendophryhe corrobores>. *Теңбіл таңбасы бар бақа.* **Теңбіл көк [көк теңбіл].** *Көк шұбар, жорға.* **Теңбіл шұбар.** *Бұжырланып, дақтанып кеткен түс.*

**ТЕҢБІЛБҰҒЫ** зат. зоол. <лат. cervus nippon> *Бұғы тұқымдасына жататын сүтқоректі жануар.*

**ТЕҢБІЛГҮЛ** зат. бот. <лат. cyclamen> *Жабайы өсетін, гүл күлтесі теңбіл-теңбіл өсімдік.*

**ТЕҢБІЛДЕН=** ет. *Теңбіл-теңбіл боп дақ түсу, шұбарлану.*

**ТЕҢБІЛДЕНДІР=** ет. *Теңбіл-теңбіл ету, шұбарландыру.*

**ТЕҢБІЛДЕНДІРУ** *Теңбілдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢБІЛДЕНУ** *Теңбілден етістігінің қимыл атауы; дақ түсу, шұбарлану.*

**ТЕҢБІЛДЕТ=** ет. *Теңбіл-теңбіл ету, кезу.*

**ТЕҢБІЛДІ** сын. *Теңбілі бар, теңбілденген.*

**ТЕҢБІЛЖАПЫРАҚ** зат. бот. *Жапырақтарының теңбілі бар үй өсімдігі.*

**ТЕҢБІЛСІЗ** сын. **1.** *Дақсыз, теңбіл түспеген.* **2.** ауыс. *Кіршіксіз, таза.*

**ТЕҢБІЛ-ТАРҒЫЛ** сын. ***Теңбіл-теңбіл.***

**ТЕҢБІЛ-ТЕҢБІЛ** сын. *Дақ-дақ, шұбар-шұбар.*

**ТЕҢГЕ**[1] зат. **1.** *Құн өлшемі ретінде пайдаланылатын ақша.* **2.** *Бір сомдық ақша.* **3.** *Ұсақ күміс ақша; Орталық Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттерде және соған шектес аумақта күмістен жасалған мәнет.* **4.** экон. *Қазақстан Республикасының ақша өлшемі, ұлттық валютасы.*

**Теңге ойын.** ойын. *Тегіс қабырғаға тиынды ұрып ойнайтын ойын.* **Теңге сүйек.** жерг. *Қызыл балықтың қабығы.* **Теңге шашу.** этн. жерг. *Қарт кісілер қайтыс болғанда балалары күміс шашатын ғұрып.* **Теңге ілу.** этн. ойын. *Шауып келе жатқан шабандоз аралары бірдей қашықтықта, орамалға түйіліп жерде жатқан күміс ақшаларды бірінен соң бірін қағып алып ойнайтын ұлттық ойын.*

**ТЕҢГЕ**[2] зат. вет. *Малдың ауыз ауруы.*

**ТЕҢГЕБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. gobio> *Үстінде дөңгелек теңбілдері бар балық түрі; тұқы тұқымдасына жататын өзен балығы.*

**ТЕҢГЕБАС** зат. өс. <лат. butomaceae> *Көпжылдық су және сужағалық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ТЕҢГЕГҮЛ** зат. бот. <лат. crassula> *Гүл күлтелері (жапырақшалары) теңгеге ұқсас гүлді өсімдік.*

**ТЕҢГЕДЕЙ** сын. *Кішкентай, кіп-кішкентай.*

**Теңгедей жұлып түсірді.** *Нысанаға дәл тигізді.*

**ТЕҢГЕЖАПЫРАҚ**[1] зат. өс. <лат. trifolium pratense> *Жапырақтары тиын тәрізді дөңгелек, бұршақ тұқымдасына беде туысына жататын бір, көпжылдық шөптесін өсімдік қызылбас беде.*

**ТЕҢГЕЖАПЫРАҚ**[2] зат. бот. сөйл. ***Байғұт.***

**ТЕҢГЕҚОТЫР** зат. мед. *Ақ трепонема қоздырушыдан ағзаға зардап келтіретін созылмалы жұқпалы ауру, қотыр.*

**ТЕҢГЕЛЕ=** ет. *Теңге табу, пайда түсіру.*

**ТЕҢГЕЛІ** сын. **1.** *Теңгесі мол, ақшалы.* **2.** *Күміс теңге таққан.*

**Теңгелі өрнек.** *Қайта өрлеу дәуірінде қолданылған, бір-біріне тіркелген теңгелер.*

**ТЕҢГЕЛІК**[1] зат. *Бір шетін тесіп, киімге таққан күміс тиын.*

**ТЕҢГЕЛІК**[2] сын. *Теңгеге тұрарлық, ақшалық; теңгенің мөлшеріндей.*

**ТЕҢГЕЛІКТЕЙ** сын. *Алтын, күміс теңге сияқты, теңге мәнеті тәрізді.*

**ТЕҢГЕР=** ет. **1.** *Тең көру, лайық деп санау.* **2.** *Алаламау, бәріне бірдей қарау.* **3.** *Тең келу, сай келу.* **4.** *Нәрсенің парқын білу, айыра білу.*

**ТЕҢГЕРИЕ** зат. жерг. *Жеңіл қайыққа суда аударылмас үшін салынатын ауыр зат.*

**ТЕҢГЕРМЕШІЛІК** зат. қоғ.-саяси. *Адамдардың еңбегін әділетсіз теңдестірушілік.*

**ТЕҢГЕРУ**[1] *Теңгер етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢГЕРУ**[2]**=** ет. ауыс. *Елінің өз еріне лайықты бағасын беруі.*

**ТЕҢГЕРІЛ=** ет. *Теңестірілу, тең болу.*

**ТЕҢГЕРІЛУ** *Теңгеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢГЕРІС=** ет. *Теңестірісу, салыстыру.*

**ТЕҢГЕРІСУ** *Теңгеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢГЕ-ТЕБЕН** зат. ***Тиын-тебен.***

**ТЕҢГЕ-ТЕҢБІЛ** сын. *Тиындай шашыраған, әр жерде бөлініп-бөлініп орналасқан.*

**ТЕҢГЕШӨП** зат. бот. <лат. trifolium repens> ***Үшқұлақ.***

**ТЕҢГЕШІК** зат. жерг. *Қызыл балықтың қабығы.*

**ТЕҢДЕ=** ет. **1.** *Тең-тең етіп буу, байлау.* **2.** *Затты көліктің үстіне екі жағын теңестіріп арту.*

**ТЕҢДЕЙ**[1] сын. *Тең сияқты үлкен, еңгезердей.*

**Теңдей құрдас.** *Бір жылы туған, құрдас.*

**ТЕҢДЕЙ**[2] үст. *Теңбе-тең, бірдей.*

**ТЕҢДЕЙ-ТЕҢДЕЙ** сын. *Үлкен-үлкен, дәу-дәу.*

**ТЕҢДЕЛ=** ет. *Тең салыну.*

**ТЕҢДЕЛУ** *Теңдел етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢДЕМЕ** зат. матем. *Берілген екі функцияның мәндері өзара тең болатын аргументтің мәндерін анықтау жөніндегі есептің аналитикалық түрдегі жазылуы.*

**ТЕҢДЕС** сын. **1.** *Жас жағынан қатарлас, құрбылас.* **2.** *Тең бола алатындай, тең түсетіндей, дәрежелес.*

**Теңдесі жоқ.** *Күшті, зор, тең келмейтін.*

**ТЕҢДЕС=** ет. *Тең келу, қатарласу.*

**ТЕҢДЕССІЗ** сын. *Теңі жоқ, теңдесі, тең түсетіні жоқ.*

**ТЕҢДЕСТІК** зат. *Тең түсушілік, тең болушылық.*

**ТЕҢДЕСТІР=** ет. *Теңестіру, тең түсіру.*

**ТЕҢДЕСТІРУ** *Теңдестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢДЕСТІРІЛ=** ет. *Теңестірілу, сәйкестендірілу.*

**ТЕҢДЕСТІРІЛУ** *Теңдестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢДЕСУ** **1.** *Теңдес етістігінің қимыл атауы.* **2.** *Тең түсу, тең келу.* **3.** физ. *Физикалық немесе физикалық-химиялық ортада тұрақты тепе-теңдік жағдайдың қалыптасу процесі.*

**ТЕҢДЕУ**[1] зат. матем. *Әріппен белгіленген бір немесе бірнеше белгісіз саны бар теңдік; берілген екі функцияның мәндері өзара тең болатындай*

*аргументтің мәндерін анықтау (іздеу) жөніндегі есептің аналитикалық түрде жазылуы.*

**ТЕҢДЕУ**[2] *Теңде етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢДЕУЛІ** сын. *Тең артылған, теңделген.*

**ТЕҢДІ**: **өзі теңді.** *Өзі қатарлы, теңдес.*

**ТЕҢДІК** зат. **1.** *Барлық жағынан бірдей, тең болушылық.* **2.** қоғ.-әлеум. *Тең құқықтық, еркіндік, бостандық.*

**Теңдік алды**. *Теңдікке ие болды, еркіндікке қолы жетті.* **Теңдік берді**. *Бостандық алды, азат болды.* **Теңдік бермеді.** *Ырық бермеді, көнбеді, бой бермеді.* **Теңдікке жеткізді.** *Теңдік, бостандық әперді.* **Теңдік табу.** зат. ойын. *Ойыншылардың жауапкершілігі, тепе-теңдікті сақтау шеберлігі, жылдамдығы сыналатын ұлттық ойын түрі.*

**ТЕҢДІКСІЗ** сын. *Тең болмау, еріксіз, бас бостандығы жоқ.*

**ТЕҢЕ=** ет. **1.** *Бір-бірімен тепе-тең ету, теңестіру.* **2.** *Тең деп санау, тең көру.* **3.** *Бір нәрсені балау, салыстыру.*

**ТЕҢЕЛ=** ет. **1.** *Тең болу, теңесу, тең түсу.* **2.** *Қатарға қосылу.*

**Теңеліп кетті.** *Жетілді, қатарға қосылды.*

**ТЕҢЕЛДІР=** ет. *Тең ету, теңестіру.*

**ТЕҢЕЛДІРУ** *Теңелдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢЕЛТ=** ет. *Тең түсіру, бірдей ету.*

**ТЕҢЕЛТУ** *Теңелт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢЕЛУ** *Теңел етістігінің қимыл атауы; тең түсу, тең келу.*

**ТЕҢЕС=** ет. *Тең түсу, бірдей болу.*

**ТЕҢЕСТІР=** ет. **1.** *Тең, бірдей ету.* **2.** *Тең көру.* **3.** *Балау.*

**ТЕҢЕСТІРУ** *Теңестір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тең, бірдей ету.* **2.** әдеб. ***Теңеу.***

**Теңестіру жарысы.** спорт. *Дайындығы әлсіз спортшыны күшті қарсыластарымен мүмкіншілігін теңестіру мақсатында шартты түрде белгілі басымдылық берілетін спорт жарысы.*

**ТЕҢЕСТІРУШІЛІК** зат. *Тең санаушылық, теңеушілік.*

**ТЕҢЕСТІРІЛ=** ет. *Теңелу, бірдей етілу, тең саналу.*

**ТЕҢЕСТІРІЛУ** *Теңестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢЕСУ** *Теңес етістігінің қимыл атауы; тең түсу, бірдей болу.*

**ТЕҢЕУ**[1] зат. **1.** *Бір затты екінші бір нәрсеге ұқсатып айтқан балама; соған тең, сай деп айтылған сөз.* **2.** әдеб. *Құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі.*

**Теңеу жоқ.** *Тең келмейді, теңеусіз.*

**ТЕҢЕУ**[2] *Теңе етістігінің қимыл атауы; теңестіру.*

**ТЕҢЕУСІЗ** сын. **1.** *Тені жоқ, асқан.* **2.** ауыс. *Өлшеусіз, есепсіз.*

**ТЕҢЖІП** зат. *Теңдерді буып-түюге арналған жіп.*

**ТЕҢЗА** зат. көне. *Іле аймағында қолданылған ақша.*

**ТЕҢКЕЙ=** ет. *Дүңкию, таңқию.*

**ТЕҢКИ=** ет. *Ерекше дөңкиіп, ебедейсіз көріну.*

**ТЕҢКИГЕН-ТЕҢКИГЕН** сын. *Дәу-дәу, қолақпандай.*

**ТЕҢКИТ=** ет. *Дөңкиту, дүңкиту, қолақпандай ету.*

**ТЕҢКИТУ** *Теңкит етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢКИТІП-ТЕҢКИТІП** үст. *Дөңкитіп-дөңкитіп.*

**ТЕҢКИІП-ТЕҢКИІП** үст. *Үйілу, үйіліп-төгілу, тау болу.*

**ТЕҢКИЮ** *Теңки етістігінің қимыл атауы; дүңкиіп, ебедейсіз көріну.*

**ТЕҢҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. homoptera> *Жәндіктердің бір отряды.*

**ТЕҢҚҰҚЫҚТЫЛЫҚ** зат. заң. *Әлем елдеріне ортақ конституциялық қағида.*

**ТЕҢҚҰР** зат. қолөнер. *Өрмекпен тоқып жасалған тең бууға арналған жіптің түрі.*

**ТЕҢЛІК** зат. сөйл. ***Теңдік.***

**ТЕҢСАУСАҚ** зат. мед. *Баланың қолындағы 2-5 саусақтардың жуандығы және ұзындығы бірдей боп туылуы.*

**ТЕҢСЕ=** ет. *Қозғалту, теңселту.*

**ТЕҢСЕЛ=** ет. **1.** *Оңды-солды шайқалу, ырғала қозғалу.* **2.** *Ағаш басының желдің лебімен тербетіліп тұруы.* **3.** *Тәлтіректеу, масаю.* **4.** ауыс. *Жорға мініп найқалу, ырғалып-жырғалу.* **5.** ауыс. *Желбіреу.* **6.** ауыс. *Шыр айналу, дөңгелену.*

**ТЕҢСЕЛГІШ** сын. *Теңселетін, шайқалып, тербеліп тұратын.*

**ТЕҢСЕЛДІР=** ет. *Шайқалдыру, тербелдіру.*

**ТЕҢСЕЛДІРУ** *Теңселдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢСЕЛЕКТЕ=** ет. *Теңселек қағу, шайқалақтау, қалт-құлт ету.*

**ТЕҢСЕЛЕҢДЕ=** ет. *Теңселу, теңселек қағу.*

**ТЕҢСЕЛМЕЛІ** сын. *Теңселіп, тербеліп тұратын, тербелмелі.*

**ТЕҢСЕЛТ=** ет. **1.** *Оңды-солды шайқалту, ырғалту.* **2.** *Жорға атты ырғалтып-жырғалтып, найқалту.* **3.** ауыс. *Дүр сілкіндіру.*

**ТЕҢСЕЛТУ** *Теңселт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢСЕЛУ** *Теңсел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Оңды-солды шайқалу, ырғала қозғалу.* **2.** *Теңселек қағып жүру.* **3.** ауыс. *Беталды, ары-бері жүре беру, көңілі орнында болмау.* **4.** ауыс. *Қайғыру, қамығу.*

**ТЕҢСЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Аздап теңселу, шайқалақтаңқырау.*

**ТЕҢСЕЛІП-ТЕРБЕЛІП** үст. *Шайқалып, ырғалып-жырғалып.*

**ТЕҢСЕП-ТЕҢСЕП** үст. *Жұлқып-жұлқып, ары-бері қозғап.*

**ТЕҢСІЗ** сын. **1.** *Тені, теңдесі жоқ.* **2.** *Теңдік жоқ, тең праволы емес.*

**ТЕҢСІЗДІК** зат. **1.** құқық. *Правосы тең емес, еркі бірдей болмаушылық.* **2.** матем. *$a_1$ және $a_2$ екі сандарын немесе шамаларды $<$(кіші), $\geq$ (кіші не тең), $>$ (үлкен), $\geq$ (үлкен не тең), (тең емес) таңбалары арқылы байланыстыратын қатыс.*

**ТЕҢСІН=** ет. *Тең деп санау, тең көру.*

**ТЕҢСІНУ** *Теңсін етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕҢ-ТЕҢ** сын. *Буылып-түйілген, теңделген.*

**ТЕҢ-ТҰС** сын. *Жасты, жастары шамалас, құрдас.*

**ТЕҢШЕ=** ет. **1.** *Таңдау, екшеу, тең бөлу.* **2.** *Теңестіріп, салыстырып қарау.*

**ТЕҢШІЛ** сын. *Теңдік сүйгіш, әділ.*

**ТЕҢШІЛІК** зат. сөйл. ***Теңдік.***

**ТЕҢІЗ** зат. **1.** *Жан-жағы құрлықпен ұштасып жатқан кеме жүретін ұшы-қиыры жоқ су.* **2.** термин. *Мұхит айдынынан құрлықпен немесе суасты жоталарымен бөлінген және одан гидрологиялық метеорологиялық және климаттық режімдерімен бөлінетін дүниежүзілік мұхит бөлігі.* **3.** ауыс. *Орасан көптік, молдық.*

**Теңіз авиациясы.** әск. *Бірқатар мемлекеттердегі әскери-теңіз флоты күшінің түрі.* **Теңіз ағыстары.** *Мұхиттық ағыстар, түрлі күштердің әсерінен болатын теңіздер мен мұхиттардағы су массаларының жылжымалы қозғалысының үрдісі.* **Теңіз алабұғасы.** зоол. <лат. spicara smaris> *Мұхиттың терең суларында тіршілік ететін қызыл түсті көзі үлкен алабұға.* **Теңіз алабы.** *Белгілі бір теңізге жер беті және жерасты суы құйылатын аумақ.* **Теңіз артиллериясы.** әск. *Кемелер мен жағалық ракета-артиллериялық әскерлер қару-жарағының құрамына енетін артиллерия.* **Теңіз ауруы.** мед. *Кеме шайқалысының ішкі құлақтағы тепе-теңдік аппаратына әсер етуінен пайда болатын жағдай.* **Теңіз әтеші.** зоол. *Теңіз түбінде, қоңырсалқын және субтропиктік суларда тіршілік ететін балық.* **Теңіз балдыры.** биол. *Теңіз суындағы жарық түсетін тереңдікте өсетін өсімдік.* **Теңіз бекінісі.** әск. *Әскери флот күштерінің шұғыл әрекет тірегі қызмет ететін әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды қорғаныс әрі қарсыласу мүмкіндігі мол тұрақ.* **Теңіз вокзалы.** *Теңіз порттарында жолаушыларға қызмет көрсететін құрылыстар мен құрылғылар кешені.* **Теңіз геодезиясы.** *Геодезияның теңіздегі ғылыми және қолданбалы геодезиялық міндеттерін шешетін саласы.* **Теңіз геологиясы.** *Теңіздер мен мұхиттар түбінің геологиялық құрылысын зерттейтін ғылым саласы.* **Теңіз геоморфологиясы.** *Мұхит пен теңіз түбінің құрылысын және дамуын зерттейтін ғылым.* **Теңіз дақылдары.** *Тағам ретінде пайдаланылатын теңіз өсімдіктері.* **Теңіз дауылы.** <голл. storm> *Күші 8 баллдан асып түсетін теңізде ұзақ соғатын дауыл.* **Теңіз десанты.** әск. *Десанттық кемелер, көліктік кемелер арқылы тасылатын және қарсыластың теңіз жағалауына түсірілетін десант.* **Теңіз доңыздары.** зоол. <лат. caviidae> *Кеміргіштер отрядының тұқымдасы.* **Теңіз жағалауы.** *Жағалық белдем, жер бедерінің қазіргі кездегі жағалық пішіндерінің таралуымен айқындалатын құрлық пен теңіздің өзара ықпалдас белдемі.* **Теңіз жайылмалары.** *Теңіздің жазықтық жағалауларындағы теңіз суы тасыған уақытта суға толатын ойпатты жолақтар.* **Теңіз жарқылы.** *Судың беткі қабатындағы жарық шығаратын бактериялар мен қарапайым планктондардың шоғырлануынан пайда болатын құбылыс.* **Теңіз жаяу әскері.** әск. *Теңіз десанттары құрамында ұрыс қимылдарын жүргізуге, сондай-ақ, әскери-теңіз базаларының, порттардың қорғанысы мен басқа да міндеттерді орындауға арналған және арнайы дайындалған әскери флот (әскери-теңіз күштері) күштерінің түрі.* **Теңіз жұлдызы.** зоол. *Жұлдыз тәрізді бес тарам аяғы бар теңіз жәндігі.* **Теңіз жұмыртқасы.** бот. *Марқакөл жағалауларындағы қойнауларда өсетін ерекше өсімдік.* **Теңіз капустасы.** бот. ***Теңіз қырыққабаты*** *(Тынық, Охот, Ақ және Баренц теңіздерінде болатын қоңыр түсті теңіз балдырлары).* **Теңіз карталары.** *Теңіз ағысы, теңіз жолдары, түбінің бедері, тереңдігі, грунт құрамы т.б. бейнеленген арнаулы географиялық карта.* **Теңіз көлігі.** *Көлік кешенінің теңіздік су жолымен жүк және жолаушы тасымалдайтын көлік түрі.* **Теңіз күштері.** *Кейбір шет мемлекеттерде теңізде соғыс жүргізуге арналған жеке флот.* **Теңіз кірпілері.** зоол. *Теңіз суларында еркін қозғалатын, сыртқы түрқы шарға, жұмыртқаға немесе жүрекке ұқсайтын, кейде конус пішінді қылқантүтіктілер класына жататын жәндіктер.* **Теңіз қарақшылығы.** *Теңіз немесе өзен кемесіне бөтеннің мүлкін басып алу мақсатында күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып шабуыл жасау.* **Теңіз қолтығы.** *Тұщы, тұзданған немесе өте тұзды сулы, теңізден жағалық құмбелмен бөлінген суы таяз жер.* **Теңіз қырыққабаты.** биол. *Ламинария туыстас теңіз балдырлары.* **Теңіз милі.** *Жер меридианы доғасының 1 минут ұзындығына тең қашықтық бірлігі.* **Теңіз минасы.** әск. *Қарсыластың сүңгуір қайықтарын, суүсті кемелерін және қайықтарын зақымдау үшін, сондай-ақ, олардың жүзуін қиындату үшін суда орнатылатын теңіз оқ-дәрісі.* **Теңіз мұзы.** *Теңіз суының қатуынан пайда болатын кез келген мұз.* **Теңіз оқ-дәрілері.** әск. *Артиллериялық атыстар, ракеталардың ұрыс бөлшектері, ракета-торпеда мен торпеда, теңіз миналары, тереңге тасталатын бомбалар және басқалар.* **Теңіз операциясы.** әск. *Белгілі бір оперативті және стратегиялық мақсатқа жету жолында ортақ бір мүдде мен жоспар бойынша әскери-теңіз флотының оперативтік құрамалары мен бірлестіктерінің жүргізетін теңіздегі ұрысы, шайқас және маневрлерінің жиынтығы.* **Теңіз пиязы.** бот. *Екі килограмға (кейде 8 кг дейін) дейін салмағы бар, қабыршық басты, сыңар ұрықты көпжылдық өсімдік.* **Теңіз полигоны.** *Флоттың ұрыс және техникалық құралдарын санау үшін немесе кемелерді ұрысқа дайындауды өткізу үшін бөлінген теңіздегі белгілі бір аудан.* **Теңіз саяхатшысы.** *Теңізде жүзіп, саяхат жасаушы адам.* **Теңіз**

**сиыры.** з о о л . <лат. hydrodamalis gigas> *Сирендер отряды дюгондар тұқымдасына жататын сүтқоректі.* **Теңіз суы.** *Тұздылығы 24,695%-дан жоғары, теңіздер мен мұхитта жинақталған жер бетіндегі су.* **Теңіз суы басуы.** *Жағалаудың төмен түсуінен немесе теңіз суы деңгейінің көтерілуінен құрлықты теңіз суының басуы.* **Теңіз суын тұщыландыру.** *Құрамындағы тұздың концентрациясын кеміту арқылы теңіз суын адамның ішуі мен шаруашылықтың пайдалануына жарамды еткенше өңдеу әдісі.* **Теңіз суының толысуы.** *Ай мен Күннің тарту күші салдарынан мұхит, теңіз суы деңгейінің оқтын-оқтын көтерілуі.* **Теңіз суының тұздылығы.** *1 кг теңіз суындағы барлық тұздардың граммен алынған жалпы мөлшері.* **Теңіз суының түсі.** *Теңіз суының көзге байқалатын реңі.* **Теңіз табандылығы.** *Африка жағалауындағы суларда тіршілік ететін табандылық.* **Теңіз тактикасы.** *Әскери-теңіз өнерінің құрамдас бөлігі.* **Теңіз тасбақалары.** з о о л . <лат. cheloniidae> *Жүзу қабілеті ерекше дамыған суда тіршілік ететін тасбақалардың бір тұқымдасы.* **Теңіз терминалы.** *Жүктерді тиеуге (түсіруге), оларды сақтауға, теңіз көлігінің түрімен сабақтас көлік құралдарын жөнге келтіруге, сондай-ақ жолаушыларды отырғызуға, түсіруге және оларға өзге де қызмет көрсетуге арналған жағдайларды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, инженерлік құрылыстардың, көтергіш-көліктік және өзге де жабдықтардың жиынтығын қамтитын теңіз портындағы мамандандырылған учаске.* **Теңіз толқындары.** *Теңіздер мен мұхиттардағы сулы ортаның тербелісті қозғалысы.* **Теңіз тышқаны.** з о о л . *Теңізде өмір сүретін сүйір тұмсықты ақ не алабажақ тышқан.* **Теңіз ұлуы.** з о о л . *Теңізде тіршілік ететін ұлудың түрі.* **Теңіз фаунасы.** *Теңіздер мен мұхиттарда тіршілік ететін жануарлар әлемі.* **Теңіз шабуылы.** ә с к . *Кемелердің тактикалық топтарының қарсылас объектілеріне қарсы қару қолдана отырып ұрыстық маневр жасауы.* **Теңіз шөбі.** б о т . *Жылы теңіздердің (Арал, Каспий т.б.) таяз қойнауларында өсетін, биіктігі 1-4 м-дей болатын көпжылдық өсімдік.* **Теңіз шөгінділері.** г е о г р . а) *Теңіздер мен мұхиттардың түбіне шөккен материктік шөгінділер.* ә) *Организмдер қалдықтарының шоғырлануынан пайда болған органогендік шөгінділер.* б) *Судағы әртүрлі тұздардың шөгуінен пайда болған химиялық шөгінділер.*

**ТЕҢІЗДЕЙ** с ы н . **1.** *Теңіз сияқты.* **2.** а у ы с . *Ұшан-теңіз, өлшеусіз.* **3.** а у ы с . *Көп, мол.*

**Теңіздей жалтыраған.** *Жып-жылтыр, жалт-жұлт еткен.* **Теңіздей мұнартты.** *Көгіс тартты, көгілдір түске енді.* **Теңіздей тебіренді.** *Тебіреністі сезімде болды, толқыды.* **Теңіздей тербелді.** *Жайқалды, баяу есті.* **Теңіздей терең.** *Шетсіз-шексіз, шы-қиыры жоқ.* **Теңіздей терең тартты.** *Билеп, баурап алды.* **Теңіздей толқыды.** а) *Ашу шақырды, ыза кернеді.* ә) *Астаң-кестең болды.* б) *Абыр-сабыр, әрі-сәрі болды.* **Теңіздей толқыды.** п о э т . *Арындады.* **Теңіздей тулады.** *Астаң-кестең болды, аласұрды.* **Теңіздей түбі шалғай.** *Терең; білімді, білгір деген мағынада.*

**ТЕҢІЗДІК** с ы н . с ө й л . ***Теңіздегі.***

**Теңіздік климат.** *Мұхит кеңістігінің атмосфера қабаттарына тигізетін әсерінен қалыптасатын климат.*

**ТЕҢІЗШЕ** ү с т . *Теңіз тәрізді, соған ұқсап.*

**ТЕҢІЗШӨП** з а т . б и о л . <лат. zosteraceae> *Көпжылдық теңіздік шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ТЕҢІЗШІ**[1] з а т . **1.** *Теңізде жүзіп жүруші, матрос.* **2.** *Теңізде жұмыс істейтін адам.*

**ТЕҢІЗШІ**[2] з а т . з о о л . *Құрақ тұмсық; солтүстік жыртқыш құсы.*

**ТЕҢІЗШІДЕЙ** с ы н . *Теңізші сияқты.*

**ТЕОДОЛИТ** [грек. theaomai – қараймын, dolichos – ұзын] з а т . а с т р . *Шырақтардың биіктігі мен азимуттарын өлшейтін бөліктері бар дөңгелектермен жабдықталған кішкене көру трубасы; жергілікті жерлерде жазық және тік бұрыштарды өлшеуге арналған аспап.*

**ТЕОБРОМИН** [лат. Thebrominum] з а т . в е т . *Су мен спиртте, эфир мен хлороформта сәл, сұйытылған сілтілер мен қышқылдарда тез еритін иіссіз, ащы ақ ұнтақ.* [*Малдың жүрек, бүйрек қызметі нашарлағанда, денесі ісініп, бөсір болғанда, уланғанда қолданылатын несеп айдағыш дәрі*].

**ТЕОГОНИЯ** [грек. theos – Құдай, goneia – туу] з а т . д і н и . *Құдайлардың пайда болуы, туысқандық қарым-қатынастары туралы діни аңыздар жүйесі, Құдайлар шежіресі.*

**ТЕОКРАТИЯ** [грек. theos – Құдай, kratos – билік] з а т . *Саяси билік шіркеу басшысының, дін басының қолында шоғырланатын басқару түрі.*

**ТЕОЛОГ** з а т . ф и л о с . *Дін туралы ғылымды жақтаушы.*

**ТЕОЛОГИЯ** [грек. theologia, theos – Құдай, logos – ілім] з а т . ф и л о с . *Құдай туралы діни ілім.*

**ТЕОРЕМА** [грек. theorema] з а т . м а т е м . **1.** *Ақиқаттығы дәлелдеудің нәтижесінде анықталатын математикалық тұжырым.* **2.** *Қағида, ереже, заңдылық.*

**ТЕОРЕТИК** з а т . *Өзінше жаңа теория жасаушы, өзіндік теория ұсынушы.*

**ТЕОРИЯ** [грек. theoria] з а т . *Практика мен өмір тәжірибесін қорыта келіп, әр алуан қоғамдық құбылыстар мен фактілерді түсіндіретін және соларға әсер ете алатын жалпы ғылыми принциптерді білдіретін ілім.*

**ТЕОРИЯЛЫҚ** с ы н . *Теорияға байланысты, соған тән.*

**Теориялық беріктік.** т е х . *Атомаралық ілінісу күштері арқылы есептелетін беріктік.* **Теориялық заң.** ф и л о с . *Заттардың, құбылыстардың мәнін ашып көрсететін заң.* **Теориялық конференция.** ғ ы л . - п е д . *Ғылыми тақырыпқа негізделіп жоспарланған, сол ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық негізін ашатын ғылыми жиын.*

**ТЕОСОФИЯ** [грек. theosophia, theos – Құдай, sophia – даналық] з а т . *Құдайды сиқыр, сыр арқылы, басқа әлеммен байланысу арқылы тануға болады деп сенетін ағым.*

**ТЕОТАНИН** з а т . *Шай құрамында болатын элемент.*

**ТЕОФИЛЛИН** [лат. Theophillinum] з а т . в е т . *Малдың қан тамырын кеңейткіш, несеп айдағыш дәрі.*

**ТЕП=** е т . **1.** *Аяқты қатты серпіп соғып жіберу, қағып жіберу. // Ұрып-соғу, тепкінің астына алу.* **2.** *Шаңғы, коньки, шана, велосипед т.б. үстіне отырып айдау не аяққа байлап сырғанау.* **3.** а у ы с . *Алыс тұту, жат санау.* **4.** а у ы с . *Аяқасты қылу, қадірін білмеу.*

**Тепсе темір үзетін.** *Күшті, мықты, қарулы.* **Тепсе темір үзетін жігіт.** *Күш-қайраты мол, алып жігіт.*

**ТЕПЕКТЕ**[1]**=** е т . *Көлікті екі бүйірінен тепкілеп итектеу, тепек-тепек ету.*

**ТЕПЕКТЕ**[2]**=** е т . ж е р г . *Тікектеу, тікеңдеу.*

**ТЕПЕКТЕТ=** е т . *Тепек-тепек еткізу, итектету.*

**ТЕПЕКТЕТУ** *Тепектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПЕКТЕУ** *Тепекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПЕЛЕ=** е т . *Басым түсу.*

**ТЕПЕМ** з а т . ж е р г . ***Тегеш.***

**ТЕПЕҢ** с ы н . *Тепеңдеп қалған, тепектеген.*

**Тепең қақты.** *Тепең-тепең етті, тепеңдеді.*

**ТЕПЕҢДЕ=** е т . *Тепең-тепең ету, тепектеу.*

**ТЕПЕҢДЕТ=** е т . *Тепең-тепең еткізу, тепектету.*

**ТЕПЕҢДЕТУ** *Тепеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПЕҢДЕУ** *Тепеңде етістігінің қимыл атауы; тепең-тепең ету.*

**ТЕПЕҢ-ТЕПЕҢ: тепең-тепең тебінді.** *Атты тепең қақтырды, тепеңдетті.*

**ТЕПЕРШІК** з а т . *Қыспақ, қиыншылық.*

**ТЕПЕРІШ** з а т . *Қиыншылық, азап, зардап, зәбір.*

**Теперіш көрді.** *Соққы көрді, азап шекті. .*

**ТЕПЕТЕЙ** з а т . ж е р г . *Тақия, тебетей.*

**ТЕПЕ-ТЕҢ** с ы н . *Бір дәрежеде, бірдей.*

**Тепе-тең баға.** э к о н . *Сұранымның шамасы ұсынымның шамасына тең болатын баға.* **Тепе-тең шама.** э к о н . *Бәсекелі рынокта тепе-тең баға жағдайындағы сұраным мен ұсынымның шамасы.*

**ТЕПЕ-ТЕҢДІК** з а т . **1.** *Бірдей болушылық, бірдейлік, тең түсушілік; заттың немесе құбылыстың тең дәрежелі, біркелкі болуын өрнектейтін категория.* **2.** с п о р т . *Бокста соққы жасағанда, қорғаныста, ринг үстінде жүргенде дененің бірқалыпты ұстау қабілетін сақтай білу.* **3.** с п о р т . *Гимнастикада спортшының еден үстінде немесе гимнастика жабдығында бір аяғын немесе қолын тіреп (тірелетін аумақтың көлемі әдеттегідей кішкене болады), сан түрлі қатып тұрған жағдайдағы бірқалыптылығы.*

**Тепе-теңдік бағасы.** э к о н . *Бұқаралық рынокты алуға арналған тауарға немесе қызметтерге қойылған төмен баға.* **Тепе-теңдік константасы.** ф и з . *Стехиометриялық коэффициенттерінің дәрежесімен алынған бір реакцияның тепе-теңдік активтерінің көбейтіндісінің осы реакцияның бастапқы заттарының сондай көбейтіндісіне қатынасы.* **Тепе-теңдік концентрациясы.** х и м . *Термодинамикалық тепе-теңдікте болатын фазалардағы компоненттердің концентрациясы.* **Тепе-теңдік қалыпты бұзу.** с п о р т . *Қарсыласы шабуыл жасаған кезде оның әрекетін, ойын алдын ала біліп, қапталдарға кету немесе шегіну арқылы денесінің бірқалыпта ұсталуын бұзу.* **Тепе-теңдік қалпын сақтау.** с п о р т . *Бір немесе бірнеше әріптестерімен қоса өзінің де тепе-теңдік қалпын сақтайтын акробатикалық жаттығу.*

**ТЕПЕШ** с ы н . *Қарабайыр, қырсау, шабан (ат).*

**ТЕПКІ**[1] з а т . **1.** *Аяқпен теуіп жіберу, аяқпен жасалған соққы.* **2.** а у ы с . *Ауыр азап пен бейнет, қорлық, зорлық-зомбылық.*

**Тепкінің астына алды.** *Аяқпен мейлінше соққылады, аямай тепті.* **Тепкі жеді [көрді].** *Соққы көрді, азап шекті.* **Тепкі салды.** *Үсті-үстіне тепкілеп, ұрып-соқты.*

**ТЕПКІ**[2] з а т . а н а т . *Кейбір жануарлардың аяқтарында болатын мүйізді түзіліс.*

**ТЕПКІЗ**[3] з а т . ж е р г . *Есіктің ілгегі.*

**ТЕПКІЗ**[4]**=** е т . **1.** *Аяқпен соққызу.* **2.** *Шаңғы, шана, коньки велосипедпен т.б. жүргізу, сырғанату, айдатқызу.* **3.** а у ы с . *Аяққа таптату.*

**ТЕПКІЗУ** *Тепкіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПКІЛЕ=** е т . *Қайта-қайта тебу, тепкіге алу.*

**ТЕПКІЛЕН=** е т . **1.** *Аяғымен жер тепкілеу.* **2.** а у ы с . *Ашу шақыру, қаһарға міну.*

**ТЕПКІЛЕНУ** *Тепкілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПКІЛЕС=** е т . *Тебісу.*

**ТЕПКІЛЕСУ** *Тепкілес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПКІЛЕТ=** е т . **1.** *Тепкіге алғызу.* **2.** а у ы с . *Бұлғақтату.* **3.** а у ы с . *Басым түсу, жеңдіру.*

**ТЕПКІЛЕТУ** *Тепкілет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПКІЛЕУ** *Тепкіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПКІН** з а т . ***Тепкі.***

**ТЕПКІНШЕК** з а т . э т н . *Жас баланы атқа мінгізгенде қолданылатын ер-тоқым әбзелдерінің бір түрі; тепкішек.*

**ТЕПКІР: тепкір сөз.** ж е р г . *Әшейін, жай сөз.*

**ТЕПКІШ** з а т . с ө й л . ***Тепкішек.***

**ТЕПКІШЕК**[1] з а т . *Аяқ басып жоғары көтерілу не төмен түсу үшін жасалған басқыш, баспалдақ, саты.*

**ТЕПКІШЕК**[2] з а т . т е х . <франц. pedale> *Мәшинелер мен музыкалық аспаптарды аяқпен басу арқылы қозғалысқа келтіретін тетік.*

**ТЕПКІШЕК**[3] з а т. *Ашамайға мінген баланың аяғын салатын қоржын тәрізді дорба; тепкіншек.*

**ТЕПЛИЦА** з а т. *Жылыжай (әртүрлі көкөністер мен гүлдерді қыста, суық уақытта өсіруге арналып жабдықталған үймерей, үй).*

**ТЕПЛОВОЗ** ор. з а т. *Жанармайы өз ішінде жанатын қозғалтқышы бар локомотив.*

**ТЕПЛОВОЗШЫ** з а т. *Тепловоз жүргізуші.*

**ТЕПЛОХОД** ор. з а т. *Жанармайы қозғалтқыштың өз ішінде жанатын кеме.*

**ТЕПЛУШКА** ор. з а т. с ө й л. ***Тепловоз.***

**ТЕППЕ**[1] з а т. ж е р г. *Саты, басқыш.*

**ТЕППЕ**[2] з а т. ж е р г. *Малдың қыстайғы қиын көлікпен бастырып, құйып жасаған тезек түрі.*

**ТЕПСЕК** з а т. с ө й л. ***Тепсең.***

**ТЕПСЕҢ** с ы н. *Мал жайылатын жазық жер, жайылым.*

**Тепсең жер.** *Қыратты жердің тегістеу алаңшығы.*

**ТЕПСІН=** е т. **1.** *Ыза кернеп, қатты ашулану.* **2.** а у ы с. *Толқу, арнасынан асу.*

**ТЕПСІНДІР=** е т. **1.** *Ызаландыру, ашуландыру, өзектету.* **2.** а у ы с. *Безеректету, зырғыту.*

**ТЕПСІНДІРУ** *Тепсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПСІНТУ** *Тепсінт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПСІНУ** *Тепсін етістігінің қимыл атауы; ашулану, ызалану.*

**ТЕПСІР** с ы н. *Асау, шатақ.*

**ТЕП-ТЕГІН** ү с т. *Жайдан-жай, бекер-бос.*

**ТЕП-ТЕГІС** с ы н. **1.** *Кедір-бұдырсыз, жазық.* **2.** а у ы с. *Түгелдей, тұтас.* **3.** с т и л ь. *Жып-жинақы, тап-тұйнақтай.* **4.** а у ы с. *Кедергісіз, ашық.*

**ТЕП-ТЕЗ** ү с т. *Лезде, азғана уақытта, жылдам.*

**ТЕПТІК** з а т. ж е р г. *Мақтадан не зығырдан тоқылған мата.*

**ТЕПТІР=** е т. **1.** *Аяқпен соқтыру.* **2.** *Шаңғы, коньки т.б. сырғанату, айдату, тепкізу.*

**ТЕПТІРУ** *Тептір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПШУ**[1] *Тепші етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕПШУ**[2] з а т. қ о л ө н е р. *Тігістің тепшіп тігетін түрі.*

**ТЕПШІ**[1]**=** е т. *Онша жиі емес, ірілеу етіп тігу.*

**ТЕПШІ**[2]**=** е т. *Терлеу, тер шығу.*

**ТЕР**[1] з а т. <лат. sudor> **1.** *Денедегі түтік бездерінен бөлініп, тері арқылы сыртқа шығатын сұйық зат; тері бездері түзетін түссіз, ашқылтым сұйықтық.* **2.** а у ы с. *Адамның еңбегі, бейнеті.*

**Тер бездері.** а н а т. <лат. grandulae sudoriferae> *Адам терісіндегі тер шығаратын түтік бездер.* **Тер бөліну.** *Тердің тер бездерінде түзілуі және терінің беткі қабаты арқылы бөлінуі.* **Тер бүршіктері.** ж е р г. *Тер тамшылары, моншақтары.* **Тер көйлек.** ж е р г. *Көйлек ішінен киетін жеңсіз ішкиім.* **Тер қату.** *Терлеп тұрған дене бірден суынғандықтан болатын ауру.* **Тер құрғатпау.** *Тер төгу, күнде еңбектену.* **Тер қысты.** *Тер шықпай қиналды.* **Тер моншақтады [тер одан да, бұдан да кетті].** *Қара суға түскендей ағып терледі.* **Тер орамал.** ж е р г. *Қолорамал, бетoрамал.* **Тер төкті.** *Аянбай еңбек етті, бейнет сіңірді.* **Тер шығару.** *Адам терісінің бет жағына орналасқан тер бездері қызметінің әсерінен туындайтын жағдай.* **Терге батты.** *Әлі құрыды, терледі, қансорпасы шықты.* **Терге [қара терге] малынды.** *Қатты терледі.* **Терге булады.** *Терге малындырды.* **Тері кептеді.** *Дамыл таппады.* **Терін алды.** *Белгілі бір ұзақтыққа шауып, аттың терін шығарып баптады, жаратты.* **Терісі кең.** *Етек-жеңі мол, ақпейіл (адам).* **Терісіне сыймады.** *Қатты ашу шақырып, долданды, ашуланды.*

**ТЕР**[2]**=** е т. **1.** *Бір-бірлеп алып жинау.* **2.** а у ы с. *Біреудің жаман жақтарын, кемшіліктерін тізіп айту.* **3.** а у ы с. *Тізімге алу.* **4.** *Саралап алу, іріктеу, талғау.* **5.** а у ы с. *Жып-теру, жинақтау.*

**ТЕРАКТ** з а т. *Террорлық акт, лаңкестік әрекет.*

**ТЕРАПЕВТ** [грек. therapeutes] з а т. м е д. *Ағза ауруларын емдейтін дәрігер.*

**ТЕРАПИЯ** [грек. therapeia] з а т. м е д. *Медицина ғылымының ішкі орган аурулары, олардың себептері, даму барысы, оларды анықтау, емдеу және олардың алдын алып, сақтану әдістерін зерттейтін саласы.*

**ТЕРАПИЯЛЫҚ** с ы н. *Терапия түріндегі, дәрі-дәрмек беру арқылы.*

**Терапиялық стоматология.** м е д. *Арнайы хирургиялық көмекті қажет етпейтін ауруларды (тіс, тіс айналасындағы тіндердің және ауыздың шырышты қабығының) дәрі-дәрмекпен, физиотерапия әдістерімен емдейтін және аурудың алдын алу жолдарын қарастыратын сала.*

**ТЕТРОГЕНДІК: тетрогендік әсер.** м е д. *Даму ауытқуының пайда болуына әкелетін, эмбриогенез үрдісінің бұзылыстарын тудыратын фактордың қасиеті.*

**ТЕРАТОКАРЦИНОМА** з а т. м е д. *Эмбриондық обыр.*

**ТЕРАТОЛОГИЯ** [грек. teras – кемтарлық, ақаулық, logos – ілім. ] з а т. *Өсімдіктер, жануарлар, адамдардың даму кезіндегі әртүрлі ауытқушылықты, кемтарлық пен ақаулықты зерттейтін ғылым.*

**ТЕРАТОМА** [грек. teratos – кемтарлық, кеміс; ота – ісік екенін білдіретін жалғау] з а т. м е д. *Құрсақта даму барысының бұзылуынан пайда болған, әртүрлі тіндерден құралған ісік.*

**ТЕРБЕ=** е т. **1.** *Қозғау, шайқау.* **2.** а у ы с. *Ерекше әсер етіп, сезімге қозғау салу; тебірендіру.* **3.** а у ы с. *Аялап, әлпештеу.*

**ТЕРБЕЛ=** е т. **1.** *Қозғалып ырғалу, шайқалу, тербетілу.* **2.** а у ы с. *Тебірену, әсерлену, ерекше сезімге бөлену.* **3.** а у ы с. *Қайғыру, күңірену.*

**ТЕРБЕЛДІР=** е т. **1.** *Қозғалдыру, ырғалдыру, шайқалдыру.* **2.** а у ы с. *Тебірендіру, әсерлендіру, ерекше сезімге бөлеу.*

**ТЕРБЕЛДІРУ** *Тербелдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕЛМЕЛІ** с ы н. *Тербеліп тұратын.*

**Тербелмелі жүйе.** *Тепе-теңдік күйдің бұзылуы нәтижесінде меншікті тербелістер пайда болатын физикалық жүйе.* **Тербелмелі контур.** ф и з. *Электрлік тербелістерді қоздыратын индуктивтілігі L орама мен сыйымдылығы C конденсатордан құралған электр тізбегі.*

**ТЕРБЕЛТ=** е т. **1.** *Шайқалту, ырғалту.* **2.** а у ы с. *Тебіренту, ерекше сезімге бөлеу.*

**ТЕРБЕЛТУ** *Тербелт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕЛУ** *Тербел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ырғалу, шайқалу.* **2.** а у ы с. *Толқу, тебірену, әсерлену.*

**ТЕРБЕЛІС** з а т. **1.** *Тербеліп қимылға түсу, қозғалыс.* **2.** ф и з. *Белгілі бір дәрежеде қайталанып отыратын процесс.* **3.** л и н г в. *Дауыс желбезегінің белгілі бір жиіліктегі қозғалысы нәтижесіндегі дауыс толқыны.* **4.** м у з. *Жиілігі есту шегінен төмен, төменгі жиілікті дыбыстық пульсация.*

**ТЕРБЕН=** е т. с ө й л. ***Тебірен.***

**ТЕРБЕНДІР=** е т. с ө й л. ***Тебірендір.***

**ТЕРБЕНДІРУ** *Тербендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕНТ=** е т. с ө й л. ***Тебірент.***

**ТЕРБЕНТУ** *Тербент етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕНУ** *Тербен етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕНІС** з а т. с ө й л. ***Тебіреніс.***

**ТЕРБЕНІС-ТОЛҒАНЫС** з а т. ***Тебіреніс.***

**ТЕРБЕС=** е т. *Бірге тербеу.*

**ТЕРБЕСУ** *Тербес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕТ=** е т. **1.** *Ары-бері қозғалту, шайқалту.* **2.** *Жас сәбиді бесікке бөлеп, жұбату, ұйықтату.* **3.** а у ы с. *Ерекше әсер етіп, сезімге қозғау салу, тебіренту.* **4.** а у ы с. *Уайым жеу, қамын ойлау.*

**ТЕРБЕТПЕЛІ** с ы н. *Тербетіліп тұратын, қозғалмалы.*

**ТЕРБЕТТІР=** е т. *Ары-бері қозғаттыру, шайқаттыру.*

**ТЕРБЕТТІРУ** *Тербеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕТУ** *Тербет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ары-бері қозғалту, шайқау.* **2.** *Жас сәбиді бесікке бөлеп, жұбату, ұйықтату.*

**ТЕРБЕТУШІ** з а т. *Тербетіп тұратын адам.*

**ТЕРБЕТІЛ=** е т. **1.** *Қозғалу, шайқатылу.* **2.** *Жас сәбидің бесікке бөленіп, жұбатылуы.* **3.** *Әткеншек, алтыбақан тебу.* **4.** *Тербеле басу, ырғатылу.* **5.** а у ы с. *Ерекше сезімге бөлену, әсерлену.*

**ТЕРБЕТІЛУ** *Тербетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРБЕТІЛУШІ** з а т. *Тербетіліп тұрған адам.*

**ТЕРБЕТІЛІС** з а т. *Тербеліс, шайқалыс.*

**ТЕРБЕУ** *Тербе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғап ырғау, тайқау.* **2.** а у ы с. *Аялау, әлпештеу.*

**ТЕРБИЙ** [лат. terbium] з а т. *Элементтердің периодтық жүйесінің лантаноидтар тобына жататын химиялық элемент.*

**ТЕРБӨРТПЕ** з а т. м е д. *Тым тершеңдіктен және оның өте баяу құрғауы салдарынан терінің зақымдануы.*

**ТЕРГЕ=** е т. **1.** *Егжей-тегжейіне жетіп білу, анықтау үшін тәптіштеп сұрау, тексеру.* **2.** а у ы с. *Байқау, бақылау, сынау.* **3.** а у ы с. *Жағадан алу, жанын қоймау.*

**ТЕРГЕГІШ** с ы н. *Тергеуге құмар.*

**ТЕРГЕГІШТІК** з а т. *Тергеуге құмарлық.*

**ТЕРГЕЛ=** е т. *Тергеуге түсу.*

**ТЕРГЕЛУ** *Тергел етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРГЕП-ТЕКСЕР=** е т. *Анық-қанығына көз жеткізу.*

**ТЕРГЕС=** е т. *Анық-қанығына көз жеткізісу.*

**ТЕРГЕСУ** *Тергес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРГЕТ=** е т. **1.** *Егжей-тегжейін анықтату.* **2.** а у ы с. *Тексеру, қазбалау.*

**ТЕРГЕТУ** *Тергет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРГЕУ**[1] *Терге етістігінің қимыл атауы.*

**Тергеуге алды.** *Ақ-қарасын анықтау, қылмысын ашу үшін жауапқа тартты.* **Тергеу әрекеттері.** з а ң. *Қылмысты ашу үшін дәлелдеме жинау мақсатында жүргізілетін әрекеттер.* **Тергеу изоляторы.** з а ң. *Бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алынған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған арнаулы мекеме.*

**ТЕРГЕУ**[2] з а т. *Ақ-қарасын анықтау, қылмысын ашу үшін жауап алу; тергеу жүргізілуі үшін жүргізілетін іс-шара.*

**Тергеу орны.** з а ң. *Тергеу ісін жүргізетін мекеме.* **Тергеу эксперименті.** з а ң. *Іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның белгілі бір әрекеттерін, жай-жапсарын, мән-жайларын қайта жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында жүргізілетін шара.*

**ТЕРГЕУДЕЙ** с ы н. *Тергеу сияқты.*

**ТЕРГЕУЛІ** с ы н. *Тергеу жүргізілген.*

**ТЕРГЕУСІЗ** с ы н. **1.** *Тексерусіз, ісінің ақ-қарасы анықталмай-ақ.* **2.** а у ы с. *Сұраусыз, сұрауы жоқ.*

**ТЕРГЕУ-ТАЛҚЫ** з а т. *Бір нәрсені анықтау үшін жүргізілген іс-шара.*

**ТЕРГЕУШІ** з а т. з а ң. *Тергеу ісін жүргізуші, қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізуге өкілетті лауазымды адам.*

**ТЕРГЕУШІДЕЙ** с ы н. *Тергеуші сияқты.*

**ТЕРГЕУШІЛІК** с ы н. *Тергеуге қатысты.*

**ТЕРГҮЛ** з а т. б и о л. <лат. lythrum> *Тергүлдер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдіктер; жылаңқышөп.*

**Тергүлдер тұқымдасы.** ө с. <лат. lythraceae> *Қосжарнақты шөптесін өсімдіктер.*

**ТЕРГІЗ=** е т. *Жинату, теріп алғызу.*

**ТЕРГІЗУ** *Тергіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРГІЛЕ=** е т. *Қайта-қайта теру, тергіштеу.*

**ТЕРГІШ** с ы н. *Тез теретін, тере білетін.*

**ТЕРГІШТЕ=** е т. *Қайта-қайта теру.*

**ТЕРГІШТЕУ** *Тергіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРЕЗЕ** зат. *Үйге жарық түсіріп, таза ауа кіргізіп тұру үшін қабырғаға орнатылған әйнек салған жақтау.*

**Терезесі тең.** *Дәреже-атағы, даңқы, беделі теңдес, қатарлас.* **Терезе табу.** жерг. *Жай табу.*

**ТЕРЕЗЕДЕЙ** сын. *Терезе сияқты.*

**ТЕРЕЗЕЛЕС** сын. **1.** *Терезесі қатар.* **2.** ауыс. *Бірдей, тең.*

**ТЕРЕЗЕЛІ** сын. *Терезе салынған, терезесі бар.*

**ТЕРЕЗЕШІ** зат. *Терезе салушы, жасаушы (ұста).*

**ТЕРЕК** зат. **1.** өс. *Бұтағы жайылмай, тік болып өсетін үйеңкі тұқымдас ірі ағаш.* **2.** термин. <лат. populus> *Тал тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын ағаш.* **3.** ауыс. *Пана, сая.* **4.** ауыс. *Биігі, шыңы.*

**Терек туысы.** бот. *Қос үйлі, желмен тозаңданатын ағаштар.* **Терек шай.** жерг. *Грузин шайының бірінші сорты.*

**ТЕРЕКҚҰЛАҚ** зат. бот. *Саңырауқұлақтың көк теректі ормандарда өсетін, жеуге жарамды түрі.* [*Қалпағының үстіңгі жағы қызғылт, астыңғы жағы ақ түсті болады*].

**ТЕРЕКТЕЙ** сын. **1.** *Терек сияқты.* **2.** ауыс. *Ұп-ұзын, сорайған, тіп-тік.*

**ТЕРЕКСІЗ** сын. *Терек өспеген, терегі жоқ.*

**ТЕРЕКТІ** сын. *Терек өскен, терегі бар.*

**ТЕРЕКШЕ** үст. *Терек тәрізді, терекке ұқсап.*

**ТЕРЕҢ** сын. **1.** *Түбіне бойламай кететін тұңғиық; шыңырау.* **2.** ауыс. *Өте қымбатты, бағалы, маңызды, мәнді.* // ауыс. *Ішкі сыр, ішкі мән-жай.* **3.** ауыс. *Әр жақты, мейлінше, кең түрде.* **5.** ауыс. *Бай, көп, мол.*

**Терең аймақ.** <грек. abyssos> *Теңіздер мен мұхиттардың өте терең аймағы.* **Терең бойлады.** *Үңілді, зер салды.* **Терең білді.** *Жете бойлап барып таныды.* **Терең білді.** *Жете бойлап, таныды.* **Терең білімді.** *Бір іске әбден үйреніп, дағдыланған, сол сала бойынша білімдер жүйесін жете меңгерген.* **Тереңге кетті [барды].** *Мәселені арыдан қозғады, қиындатып жіберді.* **Тереңге қол [құлаш] сермеді.** *Қиынға, алысқа ұмтылды, бой ұрды.* **Тереңге сүңгіді.** *Қиыншылыққа батты деген мағынада.* **Терең ой.** *Маңызды, мәнді ой.* **Терең орналасқан жыныстар.** *Зерттеуге және өлшеуге көптеген қиындық келтіретін мұхит тереңдігінде орналасқан жыныстар.* **Терең орналасқан шөгінділер.** *3 км-ден астам тереңдікте жиналатын теңіз шөгінділері.* **Терең сай.** поэт. *Ойыңқы келген үлкен аңғар.* **Терең аймақ.** геогр. <грек. abyssos>. *Шамамен 2000-6000 метр тереңдікті қамтитын теңіздер мен мұхиттардың ең терең аймағы.*

**ТЕРЕҢДЕ=** ет. **1.** *Тереңдей түсу, түбі төмендеу, шұңқырлану.* **2.** ауыс. *Айқындала, айшықтала түсу.* **3.** ауыс. *Көздің шүңірек тартуы.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің мәні, маңызы туралы түсінігі әр жақты дами түсу, өсу, баю.* **5.** ауыс. *Ойлы көзбен қарау.* **6.** ауыс. *Тамыры жайылу, тереңге тамырлай түсу.* **7.** ауыс. *Мәселені арыдан қозғау, қиындатып жіберу.*

**ТЕРЕҢДЕН=** ет. *Терең бола түсу.*

**ТЕРЕҢДЕНУ** *Тереңден етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРЕҢДЕТ=** ет. **1.** *Терең қылу, шұңқырлай түсу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсе туралы одан әрі біле түсу, дамыту.*

**ТЕРЕҢДЕТУ** *Тереңдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Терең қылу, шұңқырлай түсу.* **2.** ауыс. *Кеңейте, дамыта түсу.*

**ТЕРЕҢДЕУ[1]** сын. *Тереңірек.*

**ТЕРЕҢДЕУ[2]** *Тереңде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шұңқырлану.* **2.** *Белгілі бір территорияның ішкі жағына ене түсу, бойлау.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің мәні, маңызы туралы түсінігі кеңи, дами түсу.*

**ТЕРЕҢДІК** зат. **1.** *Терең болушылық, таяз еместік.* **2.** ауыс. *Мән-жайға терең бойлаушылық, жете білушілік, мейлінше кең түрде ойлаушылық, ақыл мен сананың жоғарылығы; мәнділік, маңыздылық.*

**Тереңдік нөлі.** *Теңіздің картада белгіленетін тереңдігі үшін нөлдік шама ретінде қабылданатын теңіз деңгейі.* **Тереңдік өлшеуіш.** *Теңіздің, көлдің, өзеннің тереңдігін өлшеуге арналған аспап.*

**ТЕРЕҢСАМАЛ** сын. жерг. *Тереңірек.*

**ТЕРЕҢ-ТЕРЕҢ** сын. *Мәнді-маңызды.*

**ТЕРЕҢІ=** ет. жерг. *Тереңдеу.*

**ТЕРЕҢІРЕК** сын. *Мән-жайды бойлай, кеңірек.*

**ТЕРИНДЖЕК** зат. *Әйелдер киетін бас-киім.*

**ТЕРИОДОНТТАР** [грек. therion– аң, odus – тіс] зат. зоол. *Бауырымен жорғалаушылардың жойылып кеткен отряд тармағы.*

**ТЕРИОЛОГИЯ** [грек. therion – аң, logos – ілім] зат. *Зоология ғылымының сүтқоректілерді зерттейтін саласы.*

**ТЕРКЕШ** зат. *Ыдыс-аяқ салатын кесеқап, тәркешқап.*

**ТЕРКӨЙЛЕК** зат. жерг. *Мәйкі.*

**ТЕРЛЕ=** ет. **1.** *Тер шығу; денеден тер бөліну.* **2.** ауыс. *Ұялу, қысылу.* **3.** ауыс. *Күйіну, қиналу, жаны ауыру.*

**ТЕРЛЕГІШ** сын. *Тершең.*

**ТЕРЛЕП-ТЕПШУ** *Терлеп-тепші етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРЛЕП-ТЕПШІ=** ет. *Ағыл-тегіл боп терлеу, терге шому.*

**ТЕРЛЕТ=** ет. **1.** *Тер шығару.* **2.** ауыс. *Буландыру, ылғалдандыру.* **3.** ауыс. *Шаршату, болдырту.*

**ТЕРЛЕТУ** *Терлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРЛЕУ** *Терле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тер шығару, тер бөліну.* **2.** ауыс. *Шаршап-шалдығу, бейнеттену.*

**ТЕРЛЕУІК** сын. *Көп терлейтін, тершең.*

**ТЕРЛІК** зат. этн. *Терді бойына сіңіріп тұру үшін тоқымның астына салынатын жұмсақ жабағы.*

**ТЕРЛІКТЕЙ** сын. *Көлемі шағын, кішкентай.*

**ТЕРМЕ[1]** зат. әдеб. *Қазақ халық поэзиясы мен музыкалық өнерінде қалыптасқан лирикалық өлең түрі.*

**ТЕРМЕ[2]** зат. жерг. *Түсқа тұтуға арналып теріліп тоқылатын өрнекті алаша.*

**Терме алаша.** этн. *Әшекейлеп теріп тоқылған алашаның түрі.* **Терме тезек.** жерг. *Мал жайылатын даладан теріп алып, қолмен жайған тезек.* **Терме тігіс.** кәс. *Кесте тіккенде өрнектің бір шетінен келесі шетіне дейін жіптерін санай отырып, біресе оң жағына, біресе теріс жағына қарай матаның жібін бойлай «инені алға салу» әдісімен тігілетін тігіс түрі.* **Терме үй.** жерг. *Киіз үй.*

**ТЕРМЕ** зат. вет. *Түйеде болатын ауру.*

**ТЕРМЕБАУ** зат. этн. *Түрлі-түсті жіптерді теріп, өрнектеп тоқыған, уықты шалып байлайтын жіп.*

**ТЕРМЕ-ЖЕЛДІРМЕ** зат. *Желдірмеге құрылған терме.*

**ТЕРМЕК** зат. *Ащы тер.*

**ТЕРМЕЛЕ[1]=** ет. **1.** *Термені әндетіп, тақпақтап айту.* **2.** *Әр жерден бір теріп айту.*

**ТЕРМЕЛЕ[2]=** ет. қолөнер. **1.** *Үй бұйымдарын терме әшекеймен сәндеп тоқу.* **2.** *Терме үлгісінде айту.*

**ТЕРМЕЛЕТ=** ет. *Терме әуенімен айту.*

**ТЕРМЕЛЕТУ** *Термелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРМЕЛЕУ** *Термеле[1] етістігінің қимыл атауы; терме әуенімен айту.*

**ТЕРМЕЛЕУ[2]** *Термеле[2] етістігінің қимыл атауы; терме әшекеймен сәндеп тоқу.*

**ТЕРМЕЛІ[1]** зат. жерг. *Әйелдер көбіне жаулық үшін пайдаланатын жұқа ақ мата.*

**ТЕРМЕЛІ[2]** сын. *Терме әуенімен айтылатын.*

**Термелі әуен.** *Қысқа қайырылатын, сөзді еркін сөйлеп айтуға лайықталған жеңіл әуен.*

**ТЕРМЕЛІ[3]** сын. *Термесі бар, термелеп әшекейленген.*

**ТЕРМЕТІГІС** зат. қолөнер. *Жіпті термелеп өткізу арқылы тігетін тігіс түрі.*

**ТЕРМЕШЕЛІ** сын. *Қайымайтын, мүйізгегі бар інгенге айтылады.*

**ТЕРМЕШІ** зат. *Терме айтатын өнерпаз, жырау.*

**ТЕРМЕШІЛДІК** зат. *Терме әуенімен айтушылық.*

**ТЕРМЕШІЛЕ=** ет. *Бірінен соң бірін тізбектеу, санау.*

**ТЕРМИД** зат. әск. *Снаряд түрі.*

**ТЕРМИКАЛЫҚ** сын. ***Термиялық.***

**ТЕРМИН** [лат. terminus] зат. *Белгілі бір ғылым мен техника саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөздер мен тіркестері.*

**ТЕРМИНАЛ** [лат. terminalis] зат. **1.** *Көлік желісінің ақырғы немесе аралық бекетінде орналасқан және жүк, жолаушы, жолжүк т.б. тасымалдау кезінде жалпы пайдаланудағы көлік түрлерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін құрылғылар кешені.* **2.** *Есептеуіш жүйенің құрамындағы ақпаратты жүйеге енгізуге және ақпаратты одан шығаруға арналған ақырғы тасығыш құрылғы.*

**ТЕРМИНДІК** сын. *Терминге тән, қатысты.*

**Терминдік мағына.** лингв. *Ғылым, техника, өнер саласында қолданылатын арнаулы сөздердің лексикалық мағынасы.*

**ТЕРМИНОЛОГИЯ** [лат. terminus – шек, logos – ілімі] зат. *Ғылымның, техниканың, өндірістің, өнердің, қоғамдық өмірдің, шаруашылықтың сан-саласында арнайы ұғымдар мен нақты объектілерді атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы.*

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Терминологияға қатысты, соған тән.*

**Терминологиялық сөздік.** лингв. *Белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы арнаулы атаулардың сөздігі.*

**ТЕРМИСТОР** зат. физ. *Электрлік кедергісі жылуға тәуелді аспап.*

**ТЕРМИТ[1]** зат. хим. *Жанғанда өте күшті қызу тудыратын ұнтақталған жанғыш зат.*

**ТЕРМИТ[2]** [лат. termes] зат. зоол. *Ыстық жақтарда өмір сүретін зиянкес жәндік.*

**ТЕРМИТТІК** сын. хим. *Термитке қатысты.*

**Термиттік қоспа.** *Алюминийдің кейбір металдардың (көбінесе темірдің) тотықтарымен қосылған ұнтақ қоспасы.*

**ТЕРМИЯЛЫҚ** сын. *Жылуға, термияға қатысты.*

**Термиялық анализ.** *Минералдардың жалпы қасиеттерін және оларды қыздыру-суыту кезінде жүретін әртүрлі процестерді зерттеудің физикалық әдіс. [Термиялық анализді алғаш 1886 ж. француз ғалымы А.Л.Шателье (1850–1936) қолданған].* **Термиялық бұрғылау.** *Массивте жоғары температуралы от қызуымен қазба жүргізетін жасанды процесс.* **Термиялық өңдеу.** *Материалдардың (металдар мен олардың қорытпаларынан жасалған бұйымдардың) құрылымы мен қасиеттерін қажетті бағытта өзгерту мақсатында қолданылатын жылу әсерінің жиынтығы.* **Термиялық пеш.** *Металл бұйымдарды термиялық өңдеуге арналған пеш.* **Термиялық тазалау.** хим. *Металл бетін оттекті-ацетиленді жанарғының жалынымен тазалау.* **Термиялық талдау.** хим. *Температураны бағдарламаға сай өзгерту жағдайында жүргізілетін талдау.*

**ТЕРМО...** [грек. thermos] *Жылуға, температураға қатысты күрделі сөздердің алғашқы бөлігі.*

**ТЕРМОГРАФ** зат. *Температураны үздіксіз тіркейтін аспап.*

**ТЕРМОГРАФИЯ** [грек. therme – жылу, grapho – жазамын] зат. вет. *Мал денесінің және сырттағы ауа температурасын, оның өзгерісін арнаулы аспап – термографпен жазып (сызып) алу, сөйтіп*

*термограмма алу; ауру малдың жағдайын қадағалап отыру үшін қолданылатын әдіс.*

**ТЕРМОДИНАМИКА** [грек. thermos – жылы, dynamikos – күшті] з а т. ф и з. *Физиканың термодинамикалық тепе-теңдік күйдегі макроскопиялық жүйелердің қасиеттерін және осы күйлердің арасында өтетін процестерді зерттейтін саласы.*

**Термодинамиканың бастамалары.** *Көптеген тәжірибелердің нәтижесінде жалпы түрде тұжырымдалатын термодинамиканың кешенді принциптері.*

**ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ** с ы н. *Термодинамикаға қатысты, соған тән.*

**Термодинамикалық әлеует.** *Термодинамикалық жүйені сипаттайтын көлем (V), қысым (p), температура (T), энтропия (S), жүйе бөлшектерінің саны (N) т.б. макроскопиялық параметрлерге тәуелді болатын функция.* **Термодинамикалық тепе-теңдік.** *Термодинамикалық жүйенің қоршаған ортадан оқшауланған жағдайда жеткілікті үлкен уақыт аралығы өткеннен кейін өздігінен келетін күйі.*

**ТЕРМОЖҰП** з а т. *Ұштары бір-біріне пісіріліп біріктірілген әр текті екі металдан немесе жартылай өткізгіштен құралған жылу сезгіш элемент (датчик).*

**ТЕРМОИОНДЫҚ: термоиондық эмиссия.** *Қыздырылған денелердің зарядталған бөлшектер (иондар) шығару құбылысы.*

**ТЕРМОКАРСТ** з а т. *Мұздың немесе тоңазыған грунттың еруі және жоғарыдағы қабаттардың отыруы нәтижесінде пайда болған тұйық қазаншұңқырлар, шұқырлар, табақша тәріздес ойдымдар.*

**ТЕРМОКАУТЕР** [грек. therme – жылу, kauter – қызған темір] з а т. м е д. *Емдеу мақсатымен (мәселен, ұзақ уақыт жазылмайтын жараны, сүйелді) күйдіруге арналған құрал, темір күйдіргіш.*

**ТЕРМОКАУТЕР** з а т. м е д. *Тіндерді күйдіретін аспап.*

**ТЕРМОМАГНИТТІК: термомагниттік қорытпалар.** *Магниттік индукциясы температураға барынша тәуелді болатын қорытпалар.*

**Термомагниттік құбылыстар.** *Біркалыпты қызбаған, яғни температуралық градиенті (T) бар өткізгіштер мен шалаөткізгіштерді магнит өрісіне қойған кезде пайда болатын құбылыстар.*

**ТЕРМОМЕТР** [грек. therme – жылу, metreo – өлшеймін] з а т. *Температураны өлшейтін құрал.*

**ТЕРМОМЕТРИЯ** [грек. therme – жылу, metron – өлшеймін] з а т. **1.** ф и з. *Физиканың температураны өлшеу тәсілдерін зерттейтін саласы.* **2.** г е о л. *Табиғаттағы минерал түзілу процесінің температуралық жағдайы туралы болжам жасауға мүмкіндік беретін минералдық құрылымдар.*

**Термомеханикалық өңдеу.** ф и з. *Белгілі бір жоғары температурада металдардың шынығып, қатаюына қажетті салқындату жылдамдығын ең аз мөлшерден көбірек мөлшерге жеткізу.*

**ТЕРМОПАР** з а т. *Жылу өлшейтін аспап.*

**ТЕРМОПЛАСТАР** [грек. therme – жылу, plastos – жабыстырылған, қалыптасқан] з а т. *Қыздырғанда жұмсарып, суығанда қатаятын пластикалық массалар.*

**ТЕРМОПСИС** [лат. thermopsis] з а т. ө с. *Далалы жерде өсетін жабайы өсімдік.*

**ТЕРМОРЕАКТИВТЕР** з а т. *Қыздырғанда балқымайтын, ерімейтін түрге көшетін, жасанды шайырларға жататын үлкен молекулалы қосылыстар.*

**ТЕРМОРЕГУЛЯЦИЯ** [грек. therme – жылу; лат. regulo – реттеймін] з а т. *Жылу қалыптастыру мен жылу шығару процестерін реттестіру арқылы іске асырылатын әрекет.*

**ТЕРМОС** [грек. thermos] з а т. *Ішіндегі заттың жылылық не суықтық температурасын біркалыпты сақтайтын арнаулы ыдыс.*

**ТЕРМОСТАТ** [грек. therme – жылу, statos – тұрақты, тұрақтаған] з а т. *Температураның тұрақтылығын ұстап тұруға арналған аспап.*

**ТЕРМОСФЕРА** [грек. therme – жылу, sphaira – шар] з а т. ***Ионосфера.***

**ТЕРМОТАКСИС** з а т. б и о л. *Қарапайым жәндіктердің температура өзгерісінің әсерінен туған қозғалысы.*

**ТЕРМОТЕРАПИЯ** [лат. therme – жылу, грек. therapeia – қамқорлық] з а т. м е д. *Жылылықпен емдеу.*

**ТЕРМОФОСФАТ** [грек. therme – жылу, phos – жарық, phoros – әкелуші] з а т. х и м. *Фосфорлы тыңайтқыш.*

**ТЕРМОХИМИЯ** [лат. therme – жылу, лат. chimia – химия] з а т. *Әртүрлі процестердің жылу эффектілерін, заттардың жылу сыйымдылығын және оларға байланысты басқа да шамаларды зерттейтін физикалық химия мен химиялық термодинамиканың бір саласы.*

**ТЕРМОХИМИЯЛЫҚ** с ы н. *Термохимияға қатысты.*

**Термохимиялық өңдеу.** *Заттарды реагенттермен жоғары температурада өңдеу.*

**ТЕРМОЭЛЕКТРЛІК: термоэлектрлік құбылыстар.** *Қатты өткізгіштердегі жылулық және электрлік процестер арасындағы өзара байланыстан туындаған физикалық құбылыстардың жиынтығы [Термоэлектрлік құбылыстарға Зеебек эффектісі, Пельте эффектісі және Томсон эффектісі жатады].*

**ТЕРМОЭЛЕКТРОНДЫҚ: термоэлектрондық эмиссия.** *Қызған қатты немесе сұйық (эмиттерлердің) денелердің электрондар шығаруы.*

**ТЕРМОЯДРОЛЫҚ** с ы н. *Термоядроға қатысты.*

**Термоядролық бомба.** ә с к. *Ыдырау реакциясынан энергия алатын ядролық қару.* **Термоядролық заряд.** ф и з. *Ядролық синтез реакциясына бейім әрі орасан көп энергия бөліп шығаратын сутек изотоптарының қоспасы.* **Термоядролық оқ-дәрі.** ә с к. *Термоядролық зарядты ракетаның немесе авиациялық бомбаның жойғыш бөлігі.* **Термоядролық реактор.** ф и з. *Өте жоғары температураларда (~108К) өтетін жеңіл атом ядроларының синтез (қосылу) реакциясы есебінен энергия алу үшін жасалған қондырғы.*

**ТЕРНЕК** з а т. ж е р г. *Ерте пісетін әңгелек тәрізді сопақтау қауын.*

**ТЕРОРАМАЛ** з а т. ж е р г. *Қолорамал, беторамал.*

**ТЕРПЕНДЕР** [грек. terebinthos] з а т. *Органикалық қосылыстарға жататын қанықпаған көмірсутектер.*

**ТЕРПИНГИДРАТ** [лат. Terpinum hugratum] з а т. в е т. *Малдағы тыныс жолы ауруларын емдеуге қолданылатын ақ ұнтақ түріндегі дәрі.*

**ТЕРРАВЕТИН** [лат. Terravetinum] з а т. в е т. *Малдағы асқазан ауруларын емдеу, олардан сақтану, сондай-ақ төлдің өсуін жеделдетіп, мал бордақылау үшін қолданылатын жасыл ұнтақ түріндегі дәрі, окситетрациклин препараты.*

**ТЕРРАКОТА** [итал. terra cotta] з а т. *Дәлме-дәл күйдірілген балшық, көзешіліктің бір түрі.*

**ТЕРРАМИЦИН** з а т. м е д. *Антибиотиктердің түрі.*

**ТЕРРАРИУМ** [лат. terra] з а т. *Қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды асырайтын орын.*

**ТЕРРАС** з а т. с ө й л. ***Терраса.***

**ТЕРРАСА**[1] [франц. terrasse] з а т. *Үйдің кіреберісіне салынған бастырма, әйнектелген үй.*

**ТЕРРАСА**[2] з а т. с у ш а р. **1.** *Өзен аңғарларының беткейлеріндегі, көлдер мен теңіздер жағаларындағы жоғарыдан және төменнен кертпешелермен шектелген, көлбеу не біршама еңіс жайпақ аландар.* **2.** *Өзен аңғарларының беткейіндегі, көлдер мен теңіздердің жағасындағы, тау беткейіндегі сатыланып орналасқан горизонталь жер бедері.*

**ТЕРРЕНКУР** [нем. Terrainkur] з а т. *Дауажайлар мен шипажайлардағы ұзақтығы, уақыты мен бұрылыс бұрыштары есептелген емдік жаяу жүріс жолы; емдік мақсаттағы жаяу жүріске арнайы жабдықталған жол.*

**ТЕРРИГЕНДІК: терригендік шөгінділер.** <лат. terra – жер, грек. genes – шығу тегі> *Мұхиттар мен теңіздерге құрлықтан әкелінген сынықты шөгінділер мен сынықты тау жыныстары.*

**ТЕРРИКОН** [франц. terri conique] з а т. *Бос жыныстардан немесе жұтаң кендерден конус тәрізді етіп жасалған жасанды үйме.*

**ТЕРРИТОРИЯ** [лат. territorium] з а т. *Белгілі шегара арқылы бөлінген жер, аймақ.*

**ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ** с ы н. *Белгілі бір территорияға тән, соған қатысты.*

**Территориялық су.** *Теңіздің немесе мұхиттың жағалық бөлігі.*

**ТЕРРОР** [лат. terror] з а т. с а я с и. *Саяси дұшпанына қарсы жасалатын зорлық-зомбылық.*

**ТЕРРОРИЗМ** з а т. с а я с и. *Террорлық әрекетті уағыздаушы саяси бағыт; қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс, ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс, саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; лаңкестік.*

**ТЕРРОРИСТ** з а т. *Террорлық әрекетті қолдаушы; лаңкесші.*

**ТЕРРОРИСТІК** с ы н. *Террорлық әрекетке байланысты.*

**Террористік топ.** *Лаңкестік топ.*

**ТЕРРОРЛЫҚ** с ы н. *Террорға байланысты.*

**Террорлыққа қарсы операция.** *Азаматтар мен лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, террорлық акцияларды тыю, террорашыларды зиянсыздандыру, сондай-ақ террорлық акциялардың зардаптарын барынша азайту үшін мемлекеттік органдар жүргізетін арналы шаралар кешені.* **Террорлық акция.** *Террорвылдық және террорлық сипаттағы өзге де қылмыстар мақсаттарына жетуге бағытталған әрекеттер жиынтығы.* **Террорлық ұйым.** *Террорлық акцияны жасау үшін екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты бірігуі.* **Террорлық іс-әрекеттер.** *Террорлық сипаттағы қылмыстарды жасауға бағытталған және төменде аталған әрекеттердің кез келгенін қамтитын іс-әрекет; лаңкестік әрекеттер.*

**ТЕРРОРШЫ** з а т. ***Лаңкес*** *(террорлық іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам).*

**ТЕРРОРШЫЛ** с ы н. *Террорлық әрекетке құмар.*

**ТЕРРОРШЫЛДЫҚ** з а т. ***Лаңкестік.***

**ТЕРСІҢДІ** с ы н. *Әбден тер сіңіп, қолаңса сасыған.*

**ТЕРТЕ** з а т. с ө й л. ***Тәрте.***

**ТЕРЦИЯ** [лат. tertia] з а т. м у з. *Диатоникалық дыбыс қатарының үш сатысын (баспалдағын) қамтитын интервал.*

**ТЕРУ** *Тер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір-бірлеп алып жинау.* **2.** а у ы с. *Саралап, іріктеп жинақтау.*

**ТЕРУЛІ** с ы н. *Терілген, жиналған, теріліп алынған.*

**Терулі алаша.** ж е р г. қ о л ө н е р. *Өрнекті алаша.*

**ТЕРУСІЗ** с ы н. *Терілмеген; теріліп алынбаған.*

**ТЕРУШІ** з а т. *Теріп жинаушы.*

**ТЕРШЕҢ** с ы н. *Көп терлейтін, тершіл.*

**ТЕРШЕҢДІК** з а т. *Тері бездері қызметінің дұрыс жұмыс істемеуі; терлегіштік.*

**ТЕРШУ** *Терші етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРШІ=** е т. *Аздап терлеу, жіпсу, бусану.*

**ТЕРШІЛ** с ы н. *Көп терлейтін, тершең.*

**ТЕРШІТ=** е т. *Терлету, тер шығару.*

**ТЕРШІТУ** *Тершіт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРІ** зат. **1.** анат. <лат. cutis> *Дененің адам мен жануарлар ағзасын сыртқы әсерлерден қорғайтын жалпы жабыны.* **2.** *Сойылған мал не аңның етінен сылынып алынған шикізат.*

**Тері аурулары.** мед. *Тері, кілегейлі қабық, шаш (түк), тырнақ қабынуынан, оларға ісік шығуынан дистрофиялық өзгерістер пайда болатын аурулар тобы.* **Тері бездері.** анат. <лат. glandulae cutis> *Жануарлар терісінің сыртқы эпидермис қабатынан пайда болған бір не көп клеткалы бездер жиынтығы.* **Тері бөрік.** *Теріден тігілген бөрік.* **Тері жинаушы.** *Ел, ауыл аралап, тері жинайтын, сойылған малдың терісін сатып алатын адам.* **Тері көрпе.** *Теріден жасалған көрпе.* **Терін ағызды.** *Терлеп-тепшіді, қиналды.* **Терін алды.** *Таң асырды, атты жаратып баптады.* **Терісі бағалы аңдар.** *Сүтқоректілердің табиғатта жабайы қалпында кездесетін және қолда арнайы өсіріліп, бағалы терісін алуға болатын бір тобы.* **Терісін бітеу сойды.** *Қатал болды, аямады, рақымсыз болды.* **Терісі кең.** *Мінезі жайлы, кеңпейіл.* **Терісі кеңіді.** *Ойындағысы болып, көңілі жай тапты.* **Терісі қалың.** а) *Сабырлы, салмақты.* ә) *Ұяты жоқ.* **Терісі тарылды.** *Жақтырмады, ызасы келді, ашуланды.* **Терісін таспа-таспа қылды.** *Ұрып, етінің тілім-тілімін шығарды.* **Терісін теспей сорды.** *Арамдықпен жеп қойған кісі туралы айтылады.* **Тері тарамысына ілінді.** *Мейлінше арықтап жүдеді.* **Терісіне сыймады.** *Қатты ашуланды, долданды, бұлықты.* **Терісі тар.** а) *Ашуланшақ, беттен ала түсетін жеңіл мінезді (кісі).* ә) *Біреудің болғанын көре алмайтын (кісі).* **Тері түшу.** *Аттың бабына келіп, суытылуы.* **Тері ұқсату.** қолөнер. *Тері өңдеу (илеу, тезге салу т.б.).* **Тері шалбар.** *Теріден тігілген шалбар.*

**ТЕРІДЕЙ** сын. **1.** *Тері сияқты.* **2.** ауыс. *Сыпырылып, түгі қалмаған, жұрдай.*

**Терідей тырысты.** *Денесі құрысып қалды.*

**ТЕРІҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. dermaptera> *Жәндіктердің бір отряды.*

**ТЕРІЛ=** ет. **1.** *Жиналу.* **2.** ауыс. *Жазылу, қағазға түсу.* **3.** ауыс. *Есепке алыну, тізілу.*

**ТЕРІЛУ** *Теріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРІЛІ** сын. *Терісі бар.*

**ТЕРІМ** зат. *Бір нәрсені теріп жинау ісі, теру әрекеті.*

**ТЕРІМШІ** зат. *Теретін адам, теруші.*

**ТЕРІМШІЛІК** зат. *Алғашқы қауымдық құрылыстағы аңшылыққа дейінгі өмір сүру формасының түрі.*

**ТЕРІС[1]** сын. **1.** *Дұрыс емес, қате; бұрыс.* **2.** *Кері, керісінше, қарама-қарсы.* **3.** ауыс. *Жағымсыз, ынамсыз, орынсыз, жүйесіз.*

**Теріс айналды [айналып кетті].** а) *Бетін бұрып, сырттады.* ә) *Қарсы болды, қолдау көрсетпеді.* б) *Өкпелеп, ренжіді.* **Теріс айуан.** жерг. *Үйдің солтүстік жағынан әдейі көлеңке болу үшін үйге жалғастырып салынып, тек төбесі жабылған сая жер.* **Теріс бата.** этн. *Ел ішіндегі дәстүрді бұзып, ата салтын аттаған адамның шектен шыққан әрекетін құптамаған кезде ел үлкендерінің қолын сыртына жайып оған қарғау, қолдамау мәндегі сөз айтуы.* **Теріс басты.** *Дұрыс істемеді, қателесті.* **Теріс билік бермеді.** *Қара қылды қақ жарған әділ болды, турашыл болды.* **Теріс жел.** жерг. *Қайыққа, жолаушының бағытына қарсы соғатын жел.* **Теріс жол.** *Бұрыс іс-әрекет, қате бағыт.* **Теріске айналды.** *Насырға шапты, қырсықты.* **Теріс келу.** *Баланың не төлдің туарда жағдайсыз келіп қалуы.* **Теріс көрді.** *Оң қарамады, жөн санамады.* **Теріс көрмеді.** *Дұрыс деп тапты, ұнатты; жаратты, құптады.* **Теріс қабақ білдірді.** *Жаратпады, ұнатпаған пішін көрсетті.* **Теріс қарады.** *Ұнатпады, жек көрді, жаратпады.* **Теріс қаю.** *Қайып тігудің бір түрі.* **Теріс қылық [іс].** а) *Дұрыс емес, оғаш іс-әрекет.* ә) заң. *Нақты бір мемлекеттің құқықтық-нормативтік бойынша тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілік арқалайтын құқық бұзушылықты білдіретін жинақтаушы атау.* **Теріс мінез.** *Мінезі шәлкес адам туралы.* **Теріс пиғылды бәсеке.** *Заңды тұлғаның немесе жеке адамның, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бәсекені жою немесе шектеу арқылы кәсіпкерлік қызметте негізсіз артықшылықтар алуға бағытталған кез келген іс-әрекеті (әрекетсіздігі).* **Теріс сандар.** мат. *Оң сандарға қарама-қарсы сандар жиынтығы.* **Теріс сарытікен.** өс. <лат. horaninovia anomala> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік, сарытікеннің Қазақстанда өсетін бір түрі.* **Теріс сермеді.** *Теріс жолға салды.* **Теріс [нашар] істен тыйылды.** *Жаман әдетке баспады, жамандықтан аулақ болды.*

**ТЕРІС[2]=** ет. **1.** *Жинасу, теруге, жинауға болысу.* **2.** ауыс. *Бір-бірінің кемшіліктерін, кемшіліктерін жіпке тізіп айту, бетке басу.*

**ТЕРІСАЗУ** сын. *Өзінше бір қырсық, қыңыр.*

**ТЕРІСКЕЙ** зат. *Солтүстік жақ, терістік.* // *Терістікте тұратын адам.*

**ТЕРІСКЕЙЛЕ=** ет. *Теріскейге қарай жүру.*

**ТЕРІСКЕЙЛІК** сын. *Теріскей бетте тұратын.*

**ТЕРІСКЕН[1]** зат. мед. <лат. hordeolum> *Суық тигеннен немесе лас нәрсе жұққаннан адамның көзінің жиегіне, тіліне шығатын бөртпен; қабақтың май безінің іріңдеп, қабынуы.*

**ТЕРІСКЕН[2]** зат. өс. <лат. eurotia> *Алабұталар тұқымдасына жататын бұта, бұташық өсімдіктер туысы.* [*Далалы, шөл-шөлейтті, сортаңды, құмды жерлерде өседі. Жапырақтары эллипс тәрізді, сыртын түк басқан. Гүлдері ұсақ, масақшалы*].

**ТЕРІСКЕНДЕЙ** сын. *Терiскен сияқты, терiскен тәрiздi.*

**ТЕРІСКЕРІ: терiскерi сойды.** *Қолға түскен аңның терiсiн бүтiн етiп сойды.*

**ТЕРІС-ҚАҒЫС** сын. *Дұрыс емес, ағат.*

**ТЕРІСҚАҚПАЙ** зат. *Қағытпа әзіл, қалжың.*

**ТЕРІСТЕ=** ет. *Жоққа шығару.*

**ТЕРІСТЕУ** сын. *Жөнсіздеу, жайсыздау.*

**ТЕРІСТЕУ** *Терісте етістігінің қимыл атауы.*

**Терістеуді терістеу заңы.** филос. *Диалектиканың негізгі заңдарының бірі.*

**ТЕРІСТІК[1]** зат. *Солтүстік жақ.*

**ТЕРІСТІК[2]** зат. *Дұрыс еместік, қателік, бұрыстық; жөнсіздік.*

**ТЕРІСУ** *Теріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕРІ-ТЕПШІК** зат. *Теріден жасалған заттар.*

**ТЕРІ-ТЕРСЕК** зат. *Ірілі-уақты мал терісі мен ұсақ-түйек шикізат.*

**ТЕРІШІ** зат. *Тері өңдеу өндірісінің жұмысшысы; тері өңдеумен айналысатын адам.*

**ТЕС=** ет. *Тесік жасау; қуыстау, үңгірлеу, тесік шығару.*

**Тескен тау.** *Өте алыс, қиян жер.* **Тескен тау өтіп кетті.** а) *Айдалып кетті, жер аударылды, алыс жерге айдалды.* ә) *Өте алысқа, қиян шетке кетті.*

**ТЕСЕ[1]** зат. *Жүзі әбден мұқалып, тозған кетпен.*

**Тесе болды.** жерг. *Жүзі майырылып, өтпей қалды.*

**ТЕСЕ[2]** зат. жерг. *Темір ұстасының құралы.*

**ТЕСЕЛЕ=** ет. *Тесемен шабу, түптеу.*

**ТЕСЕЛЕУ** *Теселе етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСКЕРІ** үст. жерг. *Теріс, керісінше.*

**ТЕСКІ** зат. кәс. *Ұста дүкендегі темір қысқыш құрал.*

**ТЕСКІЗ=** ет. *Тесік жасату, тестіру.*

**ТЕСКІЗУ** *Тескіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСКІЛЕ=** ет. *Қайта-қайта тесу, көп тесік жасау.*

**ТЕСКІЛЕУ** *Тескіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСКІНДІК[1]** зат. жерг. *Жұттан аман қалған ел.*

**ТЕСКІНДІК[2]** зат. *Тесік, саңылау.*

**ТЕСКІШ** зат. *Қатты нәрсені тесетін, ұшында асылы бар қадаубас темір құрал.*

**ТЕСЛА** зат. физ. *Магнит индукциясының бірліктердің халықаралық жүйесіндегі (СИ) өлшем бірлігі.* [*Тесла атауы серб ғалымы және өнертапқышы Н.Тесланың (1856–1943) құрметіне аталған*].

**ТЕССИТУРА** [итал. tessitura] зат. муз. *Шығармада қолданылатын музыкалық аспаптың немесе әнші даусының диапазоны.*

**ТЕСТ** [ағыл. test] зат. пед. *Жеке тұлғаның даралық-психологиялық қасиеттерін, сондай-ақ білімін, білігі мен машығын салғастырмалы шамалармен өлшеуге арналған стандартталған тапсырмалар; психологиялық диагностиканың негізгі әдістерінің бірі.*

**ТЕСТІЛЕУ** зат. пед. *Белгілі бір мәндер шкаласы бар стандартталған сұрақтар мен есептер (тестілер) пайдаланылатын психологиялық диагностика әдісі.*

**ТЕСТІЛЕУШІ** зат. кәс. *Тестілеу жұмыстарын жүргізетін маман.*

**ТЕСТІЛІК** сын. *Тестіге қатысты.*

**ТЕСТІР=** ет. *Тесік жасату, тескізу.*

**ТЕСТІРУ** *Тестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСУ** *Тес етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСУШІ** зат. *Тесу ісімен айналысатын адам.*

**ТЕСІК** зат. жерг. *Тесік ожау, нан сүзгіш.*

**ТЕСІК** сын. **1.** *Тесігі бар, тесілген, тесіліп қалған.* **2.** *Тесілген жер, қуыс, саңылау.* **3.** ауыс. *Кем-кетік, ақау.* **4.** бейне. *Кемшілігі азды адам.*

**Тесігі бітелмеді.** *Жоғы түгенделмеді, ісі реттелмеді.* **Тесік ен.** кәс. *Қойдың екі жақ құлағының ортасынан дөңгелектей кесіліп салынған белгі.* **Тесік моншақ жерде қалмас.** а) *Асыл зат жерде жатып қалмайды, керексіз болып қалып қоймайды деген мағынада.* ә) *Күндердің күнінде бағы ашылады, тұрмыс құрады деген мағынада көбіне әйел адамға қатысты айтылатын сөз қолданыс.* **Тесік өкпе.** *Қиыншылықты көп көрген, көнбіс.* **Тесік таба алмады.** *Жолын, ретін таба алмады.* **Тесік тиын қалмады.** *Түк жоқ, еш нәрсе қалмады деген мағынада.* **Тесік тілік.** *Қойға ен салғанда екі құлағының бір жақ ұшынан тілік, екінші жақ құлағының ортасынан оя кесіліп салынған белгі.* **Тесіктер саны.** хим. *Елеуге арналған тор көздегі бір сызықтық дюймге сай келетін тесіктер саны.*

**ТЕСІКЖАПЫРАҚ: тесікжапырақ шытырмағы.** <лат. lepidium perfoliatum> бот. *Бір, екіжылдық, биіктігі 6–20 см өсімдіктер.*

**ТЕСІКЖАУЫРЫН** зат. кәс. *Теріші құралы.*

**ТЕСІККӨЗ** зат. *Пәтерлердің сыртқы есігіне орнатылатын кішкентай дөңгелек ойық.*

**ТЕСІКМҮЙІЗ** зат. кәс. *Қайыс таспаны жұмырлап сыдыру үшін аң, мал (көбіне ешкі) мүйізін түрлі көлемде кесіп дайындайтын құрал.*

**ТЕСІК-САҢЛАУ** зат. *Қалтарыс жер.*

**ТЕСІК-ТЕСІК** сын. *Шұрық тесік болған, көп тесігі бар.*

**ТЕСІЛ[1]=** ет. *Тесік боп қалу, тесік пайда болу.*

**ТЕСІЛ[2]=** ет. *Көз алмай қадала қарау.*

**ТЕСІЛДІР=** ет. *Көз алмай қадалдыру, қарату.*

**ТЕСІЛДІРУ** *Тесілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСІЛУ** *Тесіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көз алмай, қадала қарау.* **2.** ауыс. *Көз алмай оқу, шұқшию.*

**ТЕСІРЕЙ=** ет. *Көз алмай тесіліп қарау, қадалу.*

**ТЕСІРЕЙТ=** ет. *Көзін алмай қарау, қадалту.*

**ТЕСІРЕЙТУ** *Тесірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕСІРЕЮ** *Тесірей етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕТАНИЯ** [грек. tetanos] зат. вет. *Мал денесіндегі зат алмасу бұзылғанда, уланғанда нерв жүйесінің қозып, діріл қағуы, қалшылдауы, аяқ еттерінің ұзақтан-ұзақ сіресіп қалуы, малдың демігуі, кейде тұншығуы сияқты белгілермен сипатталатын ауру.*

**ТЕТАНУС** зат. мед. *Бұлшық еттің сіресіп қалуы немесе құрысып жиырылуы.*

**ТЕТЕ** сын. **1.** *Арасында бала жоқ, бірінен кейін бірі туған, тетелес.* **2.** *Жас жағы шамалас, қатар құрбы.*

**Тете бауыр.** *Араларында бала жоқ, бірінен кейін бірі туған бір әкенің ағайынды балалары.*

**ТЕТЕЛЕС** сын. **1.** *Бір-біріне тете.* **2.** *Жас мөлшері шамалас, қатар-құрбы.* **3.** ауыс. *Бір-біріне тіркес, жалғас.*

**ТЕТЕЛЕСТЕЙ** сын. *Тетелес тәрізді, тетелес сияқты.*

**ТЕТЕЛЕСТІК** зат. *Тетелік, қатарластық, құрбыластық.*

**ТЕТКЕУСІЗ** сын. *Түйткілсіз, қаяусыз.*

**ТЕТКУЛІ** сын. *Жабырқау, көңілсіз.*

**ТЕТКУСІЗ** сын. *Түйткілсіз, күдіксіз, күмәнсіз.*

**ТЕТКІ=** ет. **1.** *Тыю, шектеу, тежеу.* **2.** *Тоқтау, кідіру.*

**ТЕТРАКОР** зат. фарм. *Орталық жүйке жүйесін қоздырып, дем алатын және тамыр қозғалатын орталықтарға әсер ететін дәрі.*

**ТЕТРАЦИКЛИН** зат. фарм. *Өкпеге т.б. суық тигенде ішетін дәрі; антибиотик.*

**ТЕТРАПЛЕГИЯ** зат. мед. *Қолдардың және аяқтардың түгелдей салдануы.*

**ТЕТРАПОДТАР** [грек. tetra – төрт, pus (podos) – аяқ] зат. зоол. *Негізінен құрлықта тіршілік ететін жануарлардың төртаяқтылар, омыртқалылар тобы.*

**ТЕТРАЭДР**[1] [грек. tetra – төрт, herda – табан, жақ] зат. геом. *Әр қыры ушбұрышқа ұқсас дұрыс төртбұрыш, ушбұрышты пирамида.*

**ТЕТРАЭДР**[2] зат. әск. *Темір-бетоннан жасалған, биіктігі бір метрге тең қабырғалы пирамида түріндегі танкіге қарсы тосқауылдар.*

**ТЕТРИЛ** зат. физ. *Көбіне детонаторларда қолданылатын, жоғары бризанттық әсер ету күші бар жарғыш зат.*

**ТЕТІК**[1] зат. **1.** *Техникалық механизмнің белгілі бір бөлігі, арнаулы бөлшегі.* **2.** ауыс. *Түйінді мәселе, негізгі ой.* **3.** ауыс. <грек. mechane> *Белгілі бір шараны жүзеге асырудың ішкі жүйесі, жол, амал-тәсілдерінің құрылысы.*

**Тетігі аузындағы кісі**. жерг. *Аңқылдаған ақкөңіл.* **Тетігін тапты.** *Ыңғайын, жөнін білді.*

**ТЕТІК**[2] сын. жерг. *Тың, қуатты, саулығы жақсы, қайғысыз.*

**ТЕТІКТЕЙ** сын. *Тетік сияқты, тетік тәрізді.*

**ТЕТІКТІ** сын. *Тетігі бар, тетігі көп.*

**ТЕТІКШІ** зат. *Тетігін табушы, жетік маман.*

**ТЕТІР**[1] сын. жерг. *Теріс, өрескел; бұрыс, қате.*

**Тетір мінез.** *Теріс, өрескел қылық.* **Тетір пышақ.** кәс. *Етікшілердің етіктің ұлтанын тегістегенде қолданылатын басы қысқа, қиғаш пышақ.*

**ТЕТІР**[2] зат. бот. ***Тетір.***

**ТЕТІРЛЕУ** сын. *Терістеу, өрескелдеу.*

**ТЕТІРЛІК** зат. *Теріс іс, өрескел қылық.*

**ТЕТІР-ТЕНТЕК** зат. *Бұзық, тентек, қиқаңқы.*

**ТЕФЛОН** [ағыл. teflon] зат. хим. *Тамақты күйіп кетуден сақтау үшін ыдыстың түбіне жағылатын арнайы материал.*

**ТЕФТЕЛИ** зат. тамақ. *Тартқан етке күріш, көгөністер қосып дайындалатын шар тәрізді котлет.*

**ТЕХМИНИМУМ** зат. *Техника жайындағы білім сынағы.*

**ТЕХНИК** зат. *Техникалық орта білімі бар маман.*

**ТЕХНИКА** [грек. technikē] зат. *Өндіріс құралдарының жиынтық аты.*

**Техника қауіпсіздігі.** *Жұмыс орындарында болып қалуы ықтимал сәтсіздіктен сақтану шаралары.* **Техника тілі.** лингв. *Техниканың тетігі, қыр-сыры.*

**ТЕХНИКАЛАНДЫР=** ет. *Техникамен жабдықтау.*

**ТЕХНИКАЛАНДЫРУ** *Техникаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЕХНИКАЛЫҚ** сын. *Техникаға тән, техникаға қатысты.*

**Техникалық бақылау.** *Шығарылатын бұйымдар сапасының тағайындалған стандарттар мен техникалық талаптарды қанағаттандыруын қадағалау және өндірістік ақауды жібермеу мақсатында өнеркәсіп орындарында атқарылатын жұмыстардың жиынтығы.* **Техникалық беріктік.** тех. *Нақты бір материалдарда қол жеткен беріктік.* **Техникалық білім.** *Өндіріс, құрылыс, көлік, байланыс, шаруашылық салаларында техникалық мәселелерді шеше білуге қажетті білім мен дағдылар кешені.* **Техникалық дақылдар.** биол. *Сабағы, жапырағы, жемісі, тамыры, гүлі әртүрлі өндірісте шикізат ретінде пайдаланылатын өсімдіктер.* **Техникалық қызмет көрсету.** *Пайдалану барысында жүзеге асырылатын және пайдаланудағы немесе сақталудағы жабдықтарды күтіп-баптап, жұмысқа дайын тұруға бағытталған ұйымдық-техникалық шаралар кешені.* **Техникалық мақсаттағы кемелер.** *Су жолын тереңдету, құм, қиыршық, тас т.б. құрылыс материалдарын дайындау жұмыстарын атқаратын кеме түрі.* **Техникалық мата.** *Мәшине тетіктерін, қондырғыларды, сондай-ақ химия, автомобиль т.б. өнеркәсіп салаларындағы әртүрлі техникалық бұйымдарды дайындау үшін тікелей не жанама түрде қолданылатын тоқыма мата.* **Техникалық көміртек.** хим. *Жартылай жағылған немесе термиялық ыдыраған көмірсутектердің жоғары майдалы (дисперсті) өнімі.* **Техникалық қауіпсіздік ережесі.** *Техниканы дұрыс пайдалану, қауіпсіздікті сақтау тәртібі.* **Техникалық регламент.** *Стандартқа немесе ережелерге тікелей не оларға сілтеме жасау арқылы, не осы құжаттардың мазмұнын енгізу арқылы міндетті талаптар белгілейтін нормативтік құжат.* **Техникалық су.** *Техникалық мақсатқа қолдануға жарамды су.* **Техникалық шарттар.** *Нақты өнімге, үдерістерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын техникалық талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.* **Техникалық целлюлоза.** хим. *Талшықты жартылай өнім [Өсімдіктік шикізатты термиялық немесе химиялық өңдеу арқылы алынады, осының нәтижесінде целлюлоза емес құрауыштарының көбісі бөлініп кетеді].*

**ТЕХНИКУМ** зат. *Халық шаруашылығының түрлі салалары үшін мамандар даярлайтын кәсіптік арнаулы орта оқу орны.*

**ТЕХНИЦИЗМ** зат. *Істің мәніне көңіл бөлмей, техникалық жағына бой ұру.*

**ТЕХНО** зат. муз. *Әуені электрондық құрал-саймандар және компьютерлік өңдеу арқылы жылдам ырғақпен, түрлі эффектілермен ерекшеленетін поп-музыка бағыты.*

**ТЕХНОГЕНДІК** сын. *Техниканың дамуы нәтижесінде, өндірісте түрлі технологияны қолдану арқылы қол жеткізілген.*

**ТЕХНОГЕНЕЗ** [грек. techne – өнер, шеберлік, genesis – шығу тегі] зат. *Адамның өндірістегі іс-әрекеті кезінде табиғат кешендерінің өзгеру үдерісі.*

**ТЕХНОКРАТ** зат. *Технократия өкілі.*

**ТЕХНОКРАТИЯ** [грек. techne – өнер, шеберлік, kratos – билік] зат. **1.** *Экономикалық процестер мен мәселелер шешімін табу мен олардың салдарын есепке алуда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық факторларды ескермей, таза техникалық тұрғыдан қадам жасау.* **2.** *Саяси билікті техникалық мамандарға беру керектігін насихаттайтын әлеуметтану ілімі.*

**ТЕХНОКРАТИЯЛЫҚ** сын. *Технократияға қатысты, технократияға тән.*

**ТЕХНОЛОГ** зат. *Технология маманы.*

**ТЕХНОЛОГИЯ** [грек. techne – өнер, шеберлік, logos – ілім] зат. *Ғылыми-практикалық негізде шикізатты дайын өнімге айналдырудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі; ғылымның өндіріс құралдары арқылы материалға, шикізатқа немесе жартылай өнімге әсер ету жолдары мен әдістері туралы саласы.*

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Технологияға тән, технологияға қатысты.*

**Технологиялық болжау.** *Шығарылатын бұйымдардың тұтынылу қасиетінің және пайдаланылатын технологияның келешекте ықтимал жаңартылуын айқындайтын және өндірістік шығындардың құрылымындағы ықтимал өзгерістерді бағалайтын болжамдау.* **Технологиялық детерминизм.** *Технологиялық өзгерістер қоғам дамуының негізі болып табылатын және әлеуметтік ұйымдастыру, экономика, қоғамның мәдениетіне және оның құндылықтарына елеулі ықпал ететін әдістеме.* **Технологиялық процесс [үдеріс].** *Кез келген тетікті, жартылай өнімді, бұйымды жасау үшін жұмысшылар мен еңбек құрал-саймандарының бірлесе жасаған қызметі; өндіріс процесінің бір бөлігі.*

**ТЕХНОПАРК** зат. *Ғылыми зерттеулер мен жаңа технологиялардың тәжірибелік өндірісін жүзеге асыратын ғылыми-өндірістік кешен.*

**ТЕХНОПОЛИС** [ағыл. technopolise] зат. экон. *Ғылымды, білімді және жоғары деңгейде дамыған өндірісті аумақтық біріктірудің қазіргі заманғы нысаны; еркін экономикалық аймақтың бір түрі.*

**ТЕХНОСФЕРА** зат. **1.** *Биосфераның адам қолымен техникалық және техногенді нысандар арқылы (ғимараттар, жолдар салу, әртүрлі механизмдер т.б.) түпкілікті өзгерткен бір бөлігі.* **2.** *Биосфераның әлеуметтік-экономикалық сұранысқа сәйкес адамзаттың техникалық құралдармен қоршаған ортаға жанама немесе тікелей әсер етуі арқылы өмір сүру ортасын мүмкіндігінше жақсарту мақсатында өзгерткен бір бөлігі.*

**ТЕХНО-ТОП** зат. өнер. *Техно стиліндегі музыканы орындайтын топ.*

**ТЕХНОФОБИЯ** [грек. techne – кәсіп, шеберлік, phobos – қорқыныш] зат. *Техникалық прогресті теріс қабылдау, техникаға үміт артудан гөрі оның әкелер қауіп-қатерінен үрку, техниканы адамның жауы деп санау.*

**ТИ** *Араб әліпбиіндегі «т» әрпінің айтылуы.*

**ТИ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге барып тірелуі, соқтығуы.* **2.** *Оқ тию, найза қадалу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені алу, иелену.* **4.** ауыс. *Біреуге тиісу, соқтығу, ұрыну.* **5.** ауыс. *Шабуыл жасау, жауға шабу.* **6.** ауыс. *Күйеуге шығу, тұрмыс құру.*

**Тие берсін**. діни. *Қабыл қылсын.* **Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа.** *Болса болар, болмаса қояр немесе келсін-келмесін әрекет қыла берсе, әйтеуір біреуі нәтиже берер деген мағынаны білдіреді.* **Тиіп алды.** *Шауып алды.* **Тиіп тұр.** *Өте жақын, қашық емес.*

**ТИАМИН** [грек. teion] зат. мед. *$B_1$ витамині.*

**ТИБЕТ** зат. *Қытай Халық Республикасындағы Тибет автономиялық ауданының тұрғылықты халқы.*

**Тибет медицинасы.** *Дәстүрлі медицина түрі.* **Тибет тілдері.** лингв. *Қытай Халық Республикасының Тибет автономиялық ауданы мен Цинхай, Сычуань, Юньнань, Гансу өлкелерін, Непал және Үндістанның кейбір жерлерін мекендеген тайпалар мен халықтар тілі.*

**ТИБЕТТІК** зат. *Тибет халқы.*

**ТИГМОТРОПИЗМ** [грек. thigma – жанасу, tropos – бағыт] зат. биол. *Кейбір субстраттармен механикалық түрде жанасқанда өсімдік мүшелерінің бұрылуы және айналуы, оратылуы (мысалы, өрмелегіш өсімдіктердің мұртшаларымен бірге оралу және т.б.).*

**ТИГІЗ=** ет. **1.** *Бір нәрсені екінші нәрсеге жақындатып, жанастыру.* **2.** *Соғыстыру, соғу.* **3.** *Оққа ұштыру, нысанаға дәл ату.* **4.** *Әсер ету, ықпал ету.*

**ТИГІЗДІР=** ет. *Бір затты екінші бір затқа жақындатқызу.*

**ТИГІЗДІРУ** *Тигіздір етістігінің қимыл атауы; оққа ұштыру.*

**ТИГІЗЕР-ТИГІЗБЕС** үст. *Сәл ғана жақындатып, болар-болмас тигізіп.*

**ТИГІЗУ** *Тигіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТИГІЗІС=** ет. *Тиістірісу, жанастыру, түйістірісу.*

**ТИГІШ** сын. *Жақсы тиетін, тие беретін.*

**ТИҒЫШ** з а т . ж е р г . *Есіктің тұтқасына іш жағынан өткізетін ағаш, темір.*

**ТИДІР=** е т. *Тигізу, жанату.*

**ТИДІРУ** *Тидір етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕ=** е т. **1.** *Жүк және басқа да ірілі-уақты заттарды арба-шанаға, мәшине, көлікке т.б. арту.* **2.** а у ы с . *Жинау, жинақтау.*

**ТИЕГІШ** з а т . *Жүк тағы басқа заттарды арту үшін жасалған арнайы жабдық.*

**ТИЕК** з а т . **1.** э т н . м у з . *Домбыраның ішегін көтеріп тұратын кішкентай кепіл ағаш.* **2.** э т н . *Шідер не тұсаудың бір жақ ұшындағы көлденең түйіртпек.* **3.** *Есік, терезе, қақпақ сияқты заттарды бекітіп қоятын ілгек не жылжымалы темір.* **4.** з а т . ж е р г . *Желкеннің арқанын бекіту үшін қолданылатын иілңкі, жалпақ темір.*

**Тиегі ағытылды.** *Ағынан жарылды, толғады.* **Тиек ағаш.** ж е р г . *Диірменнің үстіңгі бетіне кигізілетін ортасы, тесік ағаш.* **Тиек болды.** *Дәнекер, сүйеу болды, дем берді.* **Тиекті оздырып қою [тиекті биге шығару].** м у з . *Тиекті музыкалық аспаптардың дыбысын (құлағын) туырлау әдістерінің бірі.*

**ТИЕКСІЗ** с ы н . *Тиегі жоқ, тиек салынбаған.*

**ТИЕКТЕ[1]=** е т. *Тиегін жабу, тиекпен бекіту.*

**Тиектеп байлау**. *Тиек арқылы бекітілетін байлаудың түрі.*

**ТИЕКТЕ[2]=** е т. ж е р г . *Тұсау.*

**ТИЕКТЕУ** *Тиекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕКТЕУЛІ** с ы н . *Тиекпен бекітулі.*

**ТИЕКТҮЙМЕ** з а т . *Көйлектің жеңін түймелеу үшін тағылатын алмалы-салмалы ілгек; жеңілгек.*

**ТИЕКТІ** с ы н . *Тиек орнатылған.*

**ТИЕКШЕ** з а т . *Кішкене тиек.*

**ТИЕЛ=** е т. *Жүк артылу.*

**ТИЕЛУ** *Тиел етістігінің қимыл атуы.*

**ТИЕМЕЛ** с ы н . ж е р г . ***Тиісті.***

**ТИЕМЕЛДІ** с ы н . ж е р г . ***Тиімді.***

**ТИЕМЕЛІ** с ы н . ***Тиісті.***

**ТИЕР-ТИМЕС** с ы н . **1.** *Сәл-пәл тиген.* **2.** а у ы с . *Өте жақын, таяу.*

**ТИЕС=** е т. *Жүк артысу.*

**ТИЕСУ** *Тиес етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕСІ** с ы н . *Тиісті, тән.*

**ТИЕСІЛІ** с ы н . с ө й л . ***Тиісті.***

**ТИЕСІМ** с ы н . ж е р г . *Тиеселі, тиісті.*

**ТИЕТ=** е т. *Жүк арттыру.*

**ТИЕТКІЗ=** е т. *Жүк артқызу.*

**ТИЕТКІЗУ** *Тиеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕТТІР=** е т. *Жүк арттыру.*

**ТИЕТТІРУ** *Тиеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕТУ** *Тиет етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЕУ** *Тие етістігінің қимыл атауы; жүк арту.*

**ТИЕУЛІ** с ы н . *Тиелген, жүк артылған.*

**ТИЕУШІ** з а т . *Жүк артушы.*

**ТИЕУІШ** з а т . т е х . *Өздігінен жүк артатын механизм.*

**ТИЕШЕК** с ы н . с ө й л . ***Тиісті.***

**ТИЗАНИЗМОЗ** [лат. thysanieziosis] з а т . в е т . *Ірі қара мен қойдың аш ішегінде тіршілік ететін таспа құрттардың әсерінен ауру малдың күйзелуі, аузынан сілекейінің шұбыруы, жүрген кезде қисалаңдап тәлтіректеуі сияқты белгілермен сипатталатын мал ауруы.*

**ТИК** [ағыл. teak] з а т . б о т . *Бағалы сүрегі үшін оны қолдан өсірілетін, сүрегі кеме жасауға пайдаланылатын, Индия, Индонезия ормандарына өсетін биік әрі қажет ағаш.*

**ТИКЕР** [ағыл. ticker] з а т . э к о н . *Биржадағы соңғы мәміленің бағамын тіркейтін және оны ақпараттық таблоға жүгірмелі жолдар түрінде беруші электрондық жүйе.*

**ТИКСОТРОПИЯ** [грек. thixis – жанасу, trope – бұрылыс, өзгеру] з а т . *Механикалық әсер етуден бұзылған дисперсті жүйелердің алғашқы құрылысының қайта қалпына келу қабілеттілігі.*

**ТИЛЛ** з а т . б и о л . *Қантамырының ішкі өзегін бітеп қалатын бөгде дене, жалған ұлпа.*

**ТИЛЛИТТЕР** [ағыл. till] з а т . г е о л . *Көне кезеңдердің аздап тығыздалған, кейде метаморфизмге шалынған мореналық шөгінділері.*

**ТИМАР** с ы н . ж е р г . *Кінәмшіл, сәнқой.*

**ТИМИН** з а т . б и о л . *5-метилурацил-пиримидинді негіздер.*

**ТИМОЛ** [грек. thymus] з а т . *Медицинада, дәрі жасауда қолданылатын кейбір эфир майларынан алынатын кристалдық заттек.*

**ТИМПАН** [грек. tympanon] з а т . **1.** к ө н е . м у з . *Ертедегі соқпалы музыка аспабы.* **2.** с ә у л е т . *Фронтонның көркем суретпен немесе мүсінмен әсемделген үш бұрышты алаңы.*

**ТИМУРШЫ** з а т . т а р . с о в . *Мұқтаждарға көмек көрсететін, қайырымды іс істейтін пионерлер отрядының мүшесі.*

**Тимуршылар командасы.** т а р . с о в е т . *Үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық жасау, көмектесу мақсатында құрылған пионерлер тобы.*

**ТИМУС** [лат. thymus] з а т . а н а т . *Қан жасау және ішкі секреция безі.*

**ТИНАҚАНДАЙ** с ы н . ж е р г . *Кішкентай, құрттай.*

**ТИНАҚТАЙ** с ы н . *Кішкентай, азғантай, титтей.*

**ТИНІМДЕЙ** с ы н . с ө й л . ***Тинақтай.***

**ТИП[1]** [грек. typos] з а т . **1.** *Үйлес келетін заттар мен құбылыстар тобы; түр, тұлға.* **2.** ә д е б . *Бірнеше адамның мінез-құлық ерекшеліктерін, образын көрсететін жинақтау бейнесі.* **3.** з о о л . <лат. phylum> *Жануарларды жүйелеуде қолданылатын ең жоғары топ.*

**ТИПАЖ** з а т . *Қандай да бір типті айқын көрсететін белгілер жиынтығы.*

**ТИПОГРАФИЯ** [грек. typos – таңба, grapho – жазамын] з а т . б а с п а . *Әртүрлі кітап, журнал, газет т.б. заттарды басып шығаратын орын; баспахана.*

**ТИПОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н . *Типографияға тән, типографияға қатысты.*

**ТИПОЛОГИЯ** [грек. typos – үлгі, logos – ілім] з а т . *Әртүрлі типті заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасын білдіретін топтау жүйесі.*

**ТИПОЛОГИЯЛЫҚ** з а т . ***Типтік.***

**Типологиялық байланыс.** ә д е б . *Бірнеше халықтың сөз өрнегіндегі, әдебиетіндегі әдеби ағым, бағыт, стиль, сюжет, образдар ұқсастығы, жалғас-жақындығы.*

**ТИПТЕНДІР=** е т. *Типке айналдыру, тип жасау.*

**ТИПТЕНДІРУ** *Типтендір етістігінің қимыл атауы; әдеби туындыда кейіпкердің мінез ерекшелігін белгілі бір қоғамдық топқа тән белгі, нышандар арқылы көрсету.*

**ТИПТЕНДІРІЛ=** е т. *Типке айналдырылу.*

**ТИПТЕНДІРІЛУ** *Типтендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТИПТЕНУ** *Типтен етістігінің қимыл атауы.*

**ТИПТЕС** с ы н . *Бір типті, типі бір, ұқсас.*

**ТИПТІ** с ы н . *Типі біркелкі, типі бірдей.*

**ТИПТІК** с ы н . *Типке тән, типке қатысты; жинақталған, типке айналған.*

**Типтік оқу бағдарламасы**. п е д . *Белгілі бір пәнді оқытудың үлгісі ретінде ұсынылатын сабақ жоспары, мақсаты мен міндеттері.*

**ТИПТІЛІК** з а т . *Тип болушылық, тип боларлық.*

**ТИПЫЛ** с ы н . *Теп-тегіс, жермен-жексен.*

**Типыл болды.** *Жермен-жексен болды.* **Типыл қылды.** *Жоқ етті, құртып жіберді.*

**ТИПЫЛДА=** е т. **1.** *Тып-типыл ету, тегістеу.* **2.** *Тақырлау, тақыр ету.*

**ТИПЫЛДАН=** е т. *Тып-типыл болу, тегістелу.*

**ТИПЫЛДАНУ** *Типылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТИПЫЛДАУ** *Типылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТИПЫҢ** с ы н . *Аяғын жеңіл басып, жиі адымдайтын.*

**ТИПЫҢДА=** е т. *Типың-типың ету, жиі адымдау, тымпыңдау.*

**ТИПЫҢДАТ=** е т. *Типың-типың еткізу.*

**ТИПЫҢДАТУ** *Типыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫҢДАУ** *Типыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТИПЫҢ-ТИПЫҢ** е л і к . *Аяғын жеңіл басып, жиі адымдаған, типыңдатқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ТИР** [франц. tir] з а т . *Оқатар қару мен пневматикалық қарудан ату жаттығулары мен дайындықтарын жүргізуге арналған жабық немесе жартылай жабық орын.*

**ТИРАЖ** [франц. tirage] з а т . **1.** *Баспадан шыққан белгілі бір кітап, журнал, газет т.б. жалпы саны, таралымы.* **2.** *Облигацияның (заем, лотерея) құнын төлеу үшін жарияланған ұтыс нөмірлерінің кестесі.*

**ТИРАЖДЫ**: **көп тиражды.** *Тиражы мол болып шығатын, көпке таралатын.*

**ТИРАН** [грек. tyrannos] з а т . *Басшылығы күш пен деспотқа негізделген ел билеуші, қатал басшы, әмірші.*

**ТИРАНИЯ** [грек. tyrannia] з а т . т а р . *Тиранның бір өзі билеп-төстеуіне негізделген билік және басқару түрі.*

**ТИРАННОЗАВР** [грек. tyrannosauros] з а т . з о о л . *Жойылып кеткен бауырымен жорғалаушылар туысы.*

**ТИРЕОИДИН** [лат. Thyreoidinum] з а т . в е т . *Сойылған малдың құрғатылған қалқанша безінен әзірленетін гормондық препарат.*

**ТИРЕОТОКСИКОЗ** [грек. thyreoeidēs – қалқанша, toxikon – у] з а т . б и о л . *Қанда қалқанша безден бөлінетін гормондардың көбеюінен болатын ағзаның патологиялық жағдайы.*

**ТИРИСТОР** [грек. thyra – есік, кіру, ағыл. resistor – кедергі] з а т . ф и з . *Көп қабатты құрылымды шалаөткізгіштің монокристалды негізінде жасалған шалаөткізгіш аспап.*

**ТИРОЗИН** з а т . б и о л . *Амин қышқылдарының бірі.*

**ТИРОКСИН** [грек. thyreos – қалқан, oxys – улы] з а т . ф и з и о л . *Құрамында йоды бар қалқанша безінің гормоны.*

**ТИСС** [лат. taxus] з а т . б о т . *Шығыс Азияда, Солтүстік Америкада, Кавказда өсетін, биіктігі 10-30 м-дей қылқан жапырақты мәңгі жасыл ағаш.* [*Жапырақтары қою жасыл түсті. Сүрегі қатты, оны жиһаз жасау үшін пайдаланады. Улы. Адамға, жануарларға өте қауіпті*].

**ТИТАН** [грек. titan] з а т . х и м . *Элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент; ең мықты және төзімді металл.*

**Титан кентастары.** г е о л . *Құрамында өндірісте бөліп алу экономикалық жағынан тиімді болатындай мөлшерде титаны бар минералды шикізат.*

**ТИТАНДЫ** с ы н . х и м . *Титан араласқан, титаны мол.*

**Титанды қорытпалар.** х и м . *Құрамына алюминий, молибден, ванадий, қалайы, темір т.б. элементтер қосылған титан негізді қорытпалар.*

**ТИТАНОТЕРИЙ** [лат. titanotheriidac] з а т . з о о л . *Ауыр салмақты, мұрнының үстінде қатар орналасқан екі мүйізі бар, тақтұяқтылар отрядына жататын, құрып біткен ірі сүтқоректілер өкілі.*

**ТИТР[1]** [франц. titre] з а т . *Кинофильм кадрларындағы кіріспе сөз, жазу немесе түсінік.*

**ТИТР[2]** з а т . х и м . *Химиялық анализде қолданылатын ерітінді концентрациясы.*

**Титриметрлік талдау.** х и м . *Зерттелетін құрауыштың мөлшерін онымен әрекеттесуге жұмсалатын титрант көмегіне сай есептейтін сандық талдаулар жиынтығы.*

**ТИТРЛЕ=** е т. х и м . *Титр жағу, титр қосу.*

**ТИТРЛІК: титрлік талдау.** х и м . *Сандық талдау әдістерінің жиынтығы.*

**ТИТТЕЙ** с ы н . **1.** *Кішкентай ғана, титімдей.* **2.** *Ешқандай, мүлде.*

**ТИТТЕЙЛІК** з а т . *Кішкентайлық, тинақтайлық.*

**ТИТУЛ** [лат. titulus] з а т . *Арнайы берілетін құрметті атақ, дәреже.*

**ТИТУЛДЫҚ** с ы н . *Титулға тән, титулға қатысты.*

**ТИТЫҚ** з а т . *Күш-қуат, әл, қайрат.*

**Титығына жетті.** *Әбден қалжыратты, қажытты, шаршатты.* **Титығы қалмады [бітті].** *Әл-дәрмені қалмады, титықтады.* **Титығы құрыды [кетті].** *Әбден шаршады, әлқуаттан айырылды, әлсіреді.*

**ТИТЫҚТА=** е т. *Әлі бітіп шаршау, діңкесі құру, болдыру.*

**ТИТЫҚТАТ=** е т. *Шаршату, діңкесін құрту, болдырту.*

**ТИТЫҚТАТҚЫШ** с ы н . *Ауыр, қиын.*

**ТИТЫҚТАТУ** *Титықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТИТЫҚТАУ**[1] з а т . *Малдың жем-шөп жетпеуден әлсіреп ауруға ұшырауы.*

**ТИТЫҚТАУ**[2] *Титықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТИТІМДЕЙ** с ы н . с ө й л . ***Титтей.***

**ТИТІМДЕЙ-ТИТІМДЕЙ** с ы н . *Кіп-кішкентай, ұсақ.*

**ТИУРОЦИЛЛ** з а т . ф а р м . *Жемсау ауруын емдеуге арналған дәрі.*

**ТИФЛИТ** з а т . м е д . *Соқыр ішектің қабынуы.*

**ТИФЛОПЕДАГОГИКА** [грек. typhlos – соқыр, paidagogike – баланы жетелеу] з а т . п е д . *Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы.*

**ТИФЛОПСИХОЛОГИЯ** з а т . п с и х о л . [грек. typhlos – соқыр, psychē – жан, logos – ілім] *Соқыр және нашар көретін адамдардың психикалық дамуын, оқыту мен тәрбиелеу кезінде оны түзеудің жолдары мен әдістерін зерттейтін арнаулы психология саласы.*

**ТИШАЙ=** е т. с ө й л . *Тынышталу, тынышу.*

**ТИШУ**[1] с ы н . с ө й л . ***Тыныш.***

**ТИШУ**[2] с ы н . ж е р г . *Ыстық, қапырық.*

**ТИЫН** з а т . **1.** *Металдан жасалған әртүрлі көлемді майда ақша.* **2.** э к о н . *Қазақстанның ұсақ ақша өлшемі.* **3.** а у ы с . *Азғана ақша, тиын-тебен.*

**Тиынға иман алды.** *Аллаға деген сенімді, сол сеніммен келетін атақты сатып алмақшы болды.* **Тиын құрлы көрмеді.** *Қымбат санамады, менсінбеді.* **Тиын санағыш.** *Не болса соны шығын санайтын, сараң.* **Тиын тастау.** з а т . о й ы н . *Ойыншылардың қырағылығы, тапқырлығы, шырақтығы менептілігі сыналатын ұлттық ойын түрі [Дөңгелене отырған ойыншылардың қолдарының ортасына білдірмей тиын салынады. «Тиынын кімдк?» деп сұралғанда тиын салынған ойыншы көршісіне «ұсталып» қалмай тез арада ортаға шығуы керек, әйтпесе айып төлейді].* **Тиын терді.** *Ақша жинады.* **Тиынға сатты.** *Арзанға берді, бағасын білмеді.* **Тиынның мөріне қарағыш.** *Ақша санап қалған, баюдан басқаны ойламайтын.* **Тиынның татын жалады.** *Түкке тұрмас нәрсені пайда көрді, сараңдыққа салынды.*

**ТИЫНДАЙ** с ы н . *Тиын сияқты, тиын тәрізді.*

**Тиындай пайдасы жоқ.** *Еш пайдасы жоқ, пайдасыз, қажетсіз.*

**ТИЫНДАП** ү с т . *Тиыннан құрап, тиыннан бастап.*

**ТИЫНДЫҚ** с ы н . **1.** *Тиынға тұрарлық, тиынға татырлық.* **2.** *Тиын түріндегі, тиын көлеміндегі.*

**Тиындық маңызы жоқ.** *Маңызсыз, мәнсіз, түкке тұрғысыз.*

**ТИЫНЖАПЫРАҚ** з а т . б о т . <лат. soldanella> *Жапырақтары тиын секілді дөңгелек шөптесін өсімдік.*

**ТИЫНСЫЗ** с ы н . *Ақшасыз, қаражатсыз.*

**ТИЫН-СИЫН** з а т . с ө й л . ***Тиын-тебен.***

**ТИЫНТАҚ** з а т . б о т . <лат. hedysarum> *Далалы, шалғынды жерлерде, тау өзендерінің жағалауларында өсетін, биіктігі 20-100 (120) см-дей, бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТИЫН-ТЕБЕН** з а т . *Азын-аулақ ақша, болмашы қаражат.*

**ТИЫНТЫҚ** з а т . ө с . <лат. hedysarum> *Бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер мен бұталар.*

**ТИЫНШЫ** с ы н . ***Тиыншыл.***

**ТИЫНШЫЛ** с ы н . *Ақшақұмар.*

**ТИЫНШЫЛДЫҚ** з а т . *Ақшаға құмарлық.*

**ТИЫШ** с ы н . с ө й л . ***Тыныш.***

**ТИЫШСЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Тынышсыз.***

**ТИЫШСЫЗДАН=** е т. с ө й л . *Тынышы кету, мазасыздану.*

**ТИЫШСЫЗДАНДЫР=** е т. с ө й л . *Тынышын кетіру, мазасыздандыру.*

**ТИЫШСЫЗДАНУ** *Тиышсыздан етістігінің қимыл атауы; мазасы кету.*

**ТИЫШСЫЗДЫҚ** з а т . с ө й л . *Мазасыздық, тынышы кетушілік.*

**ТИЫШТАЛ=** е т. с ө й л . *Тынышталу, тып-тыныш болу.*

**ТИЫШТАУ** с ы н . с ө й л . ***Тыныштау.***

**ТИЫШТЫҚ** з а т . с ө й л . ***Тыныштық.***

**Тыныштық кетті.** *Мазасызданды, мазасы кетті.*

**ТИІМДІ** с ы н . **1.** *Пайдасы, табысы мол.* **2.** *Қолайлы, жағдайлы, ыңғайлы.*

**Тиімді суармалау режимі.** с у ш а р . *Өсімдіктен тұрақты мол өнім алу үшін, барлық климаттық, табиғи жағдайларды ескере отырып жасалатын суару режимі.* **Тиімді ылғалдылық.** с у ш а р . *Өсімдіктің өсуіне және мол өнім беруіне қолайлы топырақ ылғалдылығы.*

**ТИІМДІЛІК** з а т . **1.** *Пайдалылық, қажеті молдық.* **2.** э к о н . *Кәсіпорынның қаржылық қызметінің жалпылама көрсеткіші.*

**Тиімділік теориясы.** м а т . *Белгілі бір функцияның экстремумын (максимумы мен минимумын) табу немесе мүмкін болатын жиын ішінен ең тиімдісін таңдап алу жөніндегі есептерді шығарудың теориясы мен әдістеріне арналған саласы.*

**ТИІМДІРЕК** с ы н . *Қолайлырақ, ыңғайлырақ.*

**ТИІМСІЗ** с ы н . *Қажеті шамалы, пайдасыз.*

**ТИІМСІЗДІК** з а т . *Пайдасы болмайтындық, қажетсіздік.*

**ТИІН** з а т . з о о л . <лат. sciurus> *Орман, тоғайларда ағаш басында өмір сүретін терісі қымбат, күлте құйрық, кішкене аң; тиінтәрізділер тұқымдасының бір түрі.*

**ТИІНТӘРІЗДІЛЕР** з а т . з о о л . <лат. sciuridae> *Қоңыржай, субтропиктік және тропиктік аймақтарда тіршілік ететін кемірігштер отрядының бір тұқымдасы.*

**ТИІНТЫШҚАН** з а т . ж е р г . *Жүні жылтыр, кішкене сұр тышқан.*

**ТИІП-ҚАШПА** с ы н . *Сарылып істелмеген, тиянақсыз, жүрдім-бардым.*

**ТИІП-ҚАШТЫ** с ы н . *Жеңіл-желпі, мардымсыз.*

**ТИІП-ҚАШЫП** ү с т . *Бір бастап, бір тастап, үзіп-жұлып.*

**ТИІП-ШЫҒЫП** ү с т . *Жеткізер-жеткізбес, ұстар-ұстамас.*

**ТИІРМЕН** з а т . ж е р г . ***Диірмен.***

**Тиірменіне су құйды.** *Өршітті, қоздырды.*

**ТИІРМЕНДЕЙ** с ы н . ж е р г . ***Диірмендей.***

**ТИІРТУ** з а т . ж е р г . *Қорытынды.*

**ТИІС**[1] м о д . *Қажетті, міндетті.*

**ТИІС**[2]**=** е т. **1.** *Жанасу, түйісу.* **2.** *Алу, орнынан қозғау, тию.* **3.** *Біреуге соқтығу, әдейі ұрыну.* **4.** *Жау шабу, соғыс ашу.*

**Тиісерге қара таппады.** *Кімге соқтығарын білмеді; біреуге тиісуге ілік іздеді.*

**ТИІССІЗ** с ы н . *Орынсыз, реті жоқ.*

**ТИІСТІ** с ы н . *Қажетті, міндетті.*

**ТИІСТІЛІК** з а т . *Қажеттілік, міндеттілік.*

**ТИІСТІР=** е т. *Жақындату, тигізу.*

**Тізе тиістірді.** *Қатар отырды, іргелес орналасты.*

**ТИІСТІРУ** *Тиістір етістігінің қимыл атауы.*

**ТИІСТІРІЛ=** е т. *Жанастырылу, түйістірілу, соқтығыстырылу.*

**ТИІСТІРІЛУ** *Тиістіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТИІСУ** *Тиіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алу, орнынан қозғау.* **2.** *Біреуді ұрып-соғу, соқтығу, әдейі ұрыну.* **3.** *Балағаттау, ілік іздеу.* **4.** *Килігу, тию.*

**ТИІСІНШЕ** ү с т . *Қажетіне қарай, мүмкіндігінше.*

**ТИЮ** *Ти етістігінің қимыл атауы; иелену, қолға берілу.*

**ТИЯНАДАЙ** с ы н . *Тап-түйнақтай, жинақы. .*

**ТИЯНАҚ**[1] з а т . **1.** *Тіреп не сүйеп қоятын нәрсе, тіреуіш, сүйеуіш.* **2.** а у ы с . *Арқа сүйер, қорған, сүйеніш, тірек.* **3.** а у ы с . *Дұрысы, жөні.* **4.** а у ы с . *Тұрлау, байлам.* **5.** а у ы с . *Тоқтам, шешім.* **6.** а у ы с . *Тұрақ, мекен, қоныс.*

**Тиянаққа келді.** *Шешімге келді, байлам жасады.* **Тиянақ тапты.** а) *Бір байламға, шешімге тоқтады.* ә) *Орын тепті, тұрақтады.* **Тиянақ таппады.** *Шарқ ұрды, тұрақтамады.*

**ТИЯНАҚСЫЗ** с ы н . *Тиянағы жоқ, тұрақсыз, табансыз, байлаусыз.*

**ТИЯНАҚСЫЗДЫҚ** з а т . *Тұрақсыздық, табансыздық, байлаусыздық.*

**Тиянақсыздыққа түсіп кетті.** *Ойын жинақтай алмады, тиянақ таппады.*

**Тиянақсыздыққа түсті.** *Тұрақсызданды, табансыздық білдірді.*

**ТИЯНАҚТА=** е т. **1.** *Басталған істі түгел аяқтап тындыру.* **2.** *Бір нәрсені тәптіштеп анықтау, айқындау, анығына жету.*

**ТИЯНАҚТАЛ=** е т. **1.** *Басталған істің аяқталуы.* **2.** *Айқындалу, анықталу.* **3.** *Тоқтамға, бір шешімге келу.* **4.** *Расталу.*

**ТИЯНАҚТАЛУ** *Тиянақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЯНАҚТАН=** е т. *Аяғына жету, біту, бір ізге түсу.*

**ТИЯНАҚТАНДЫР=** е т. *Тиянақты ету.*

**ТИЯНАҚТАНДЫРУ** *Тиянақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЯНАҚТАНУ** *Тиянақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЯНАҚТАТ=** е т. *Тиянақты ету, аяқтату.*

**ТИЯНАҚТАТУ** *Тиянақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТИЯНАҚТАУ** *Тиянақта етістігінің қимыл атауы; тиянақты ету, аяқтау.*

**ТИЯНАҚТЫ** с ы н . **1.** *Тұрақты, баянды.* **2.** *Біржола, түбегейлі.* **3.** *Өз ісіне берік, табанды.* **4.** *Тап-түйнақтай, мұқият, орнықты.*

**Тиянақты табыс.** э к о н . *Мүлікті (жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды) иеленуден түсетін табыс.*

**ТИЯНАҚТЫЛЫҚ** з а т . *Өз ісіне беріктік, табандылық, тұрақтылық.*

**ТКАНЬ** з а т . б и о л . ***Ұлпа*** *(тірі заттар мен өсімдіктердің ағзасындағы тор жасушалар).*

**ТКАНЬАРАЛЫҚ** с ы н . *Ұлпалар арасындағы; ұлпааралық.*

**ТКАНЬДІК** с ы н . *Тканьге тән, тканьге қатысты.*

**ТМИН** з а т . т а м а қ . ***Зере.***

**ТОБА** о д. **1.** *Бір нәрсеге шүкіршілік ету, қанағат тұту негізінде айтылатын ишарат сөз. // Шүкіршілік, қанағат.* **2.** *Бір нәрсеге таңдану, таңырқау кезінде айтылатын ишарат сөз.*

**Тоба болды.** *Қанағат етті, тәуба етті.* **Тобаға келді.** д і н и . *Асылық қылмады, астамшылық етпеді, шүкіршілік білдірді.* **Тоба қазығын көмекейіне таяды.** *Жанын алқымына келтірді, қинады.* **Тоба қылды.** *Шүкіршілік етті.* **Тобаларын жаудырды.** *Қайта-қайта қанағат етіп, тәубасына келді.* **Тобасы қабыл болды.** *Дегені болды, мақсаты орындалды.* **Тобасынан жаңылды.** *Дандайсыды, бетімен кетті.* **Тобасын келтіру.** *Тезге салу, сабасына түсіру.*

**ТОБА: тоба ағашы.** д і н и . ***Жұмақ ағашы.***

**Тоба қазық.** *Тірек, таяныш.*

**ТОБАҒАН** зат. жерг. *Жалпақ сырғанауығы бар кәдімгі шана.*

**ТОБАЛА=** ет. *Қайта-қайта «тоба» деп айту; риза болу, шүкіршілік ету.*

**ТОБАЛАУ** *Тобала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОБАН: тобан аяқ.** *Башпайдың, табанның не өкшесінің кемдігі бар аяқ.*

**Тобан аяқтанды.** *Жай, баяу қозғалды.*

**ТОБАР** зат. этн. ойын. *Көктемде балалардың түлеген сиыр жүнінен доп жасап, тебісіп-лақтырысып ойнайтын ойыны.*

**ТОБАРСАҢ** сын. *Тобарсыған, тобарсып қалған.*

**ТОБАРСУ** *Тобарсы етістігінің қимыл атауы; дегду, кебу.*

**ТОБАРСЫ=** ет. *Аздап кебу, құрғау, дегду.*

**ТОБАРСЫТ=** ет. *Кептіру, құрғату, дегдіту.*

**ТОБАРСЫТУ** *Тобарсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОБАРТ=** ет. *Тежеу, тоқтату.*

**ТОБАТАЙ**[1] зат. сөйл. жерг. ***Топатай.***

**ТОБАТАЙ**[2] зат. жерг. *Тебетей, баскиім.*

**ТОБАТАЙЛЫ** сын. *Тобатайы бар, тобатай киген.*

**ТОБАШЫЛ** сын. *Тоба-тоба деп жүретін, шүкіршіл.*

**ТОБАЯҚ: тобаяқ қазы.** зат. жерг. *Қазының майлы, етті жері.*

**ТОБЫҚ** зат. **1.** анат. <лат. malleolus> *Адамның табаны мен жіліншігін байланыстырып тұратын дәнекер сүйек.* **2.** *Малдың ортан жілігі мен асықты жілігінің түйіскен жеріндегі сан етінің сіңіріне орналасқан ұшбұрышты жұмыр сүйек.*

**Тобығынан келмейтін.** *Тең түсе алмайтын, тең емес.* **Тобық жұту.** этн. *Жас жігіттің жолым болсын, бақ қонсын деген ырыммен кішігірім тобықты өңешінен өткізіп жіберуі.* **Тобық жұтқандай.** *Тым-тырыс, жым-жырт, селт етпей.* **Тобық ойнады.** этн. *Жас қыз-келіншектер мен жігіттердің бір-біріне тобық беріп, күтпеген жерде қайта сұрап, ұту ойыны.* **Тобықтан қақты.** *Қысастық қылды, опасыздық жасады.*

**ТОБЫҚТАЙ** сын. *Кіп-кішкентай, титтей.*

**ТОБЫҚША** үст. *Тобық тәрізді, тобыққа ұқсап.*

**ТОБЫЛҒЫ** зат. **1.** өс. *Сабағы өте берік, қатты, түзу, жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімделген бұта.* **2.** бот. <лат. spiraea> *Раушангүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта. // Қызыл күрең түс.*

**Тобылғы күрең.** *Қошқыл, күрең түс.* **Тобылғы сап қамшы.** этн. *Сабы тобылғыдан жасалған қамшы.* **Тобылғы торы.** *Тобылғы тәрізді торы түс.*

**ТОБЫЛҒЫДАЙ** сын. **1.** *Тобылғы сияқты, тобылғы тәрізді.* **2.** ауыс. *Берік, мықты.*

**Тобылғыдай майысты.** поэт. *Сыланңдады, бұратылды.*

**ТОБЫЛҒЫЛЫ** сын. *Тобылғысы мол, тобылғы көп өскен.*

**ТОБЫЛҒЫТҮС** зат. өс. <лат. spiraeanthus> *Раушангүл тұқымдасына жататын бұта.*

**ТОБЫР** зат. **1.** *Белгілі бір ортақ мүддемен уақытша топтасқан адамдар жиыны.* **2.** саяси. *Өз ырқын, мүддесін, саяси, әлеуметтік т.б. талап-тілегін білдіру үшін көшеге, митингіге, бейбіт шеруге, ереуілге шыққан адамдар шоғыры.* **3.** *Жарлы-жақыбай, кедей-кепшік.*

**ТОБЫРШЫҚ** зат. **1.** *Ағаштан жасалған заттың ортасына қағылған жалғыз шегені айналып тұратын тиек ағаш.* **2.** көне. *Садақтың оғын адырнаға тіреп ататын жері.*

**Тобыршығы түсті.** *Таянышы, тірегі тайды.*

**ТОБЫРШЫҚТЫ** сын. *Тобыршығы бар, тобыршық салынған.*

**ТОБЫШАҚ** зат. *Алыс жолға шыдамды, күшті, ірі жылқы.*

**Тобышақ ат.** ***Тобышақ.*** **Тобышақ бие.** *Қазанат пен қарабайырдың шағылысуынан пайда болған бие.*

**ТОВАР** зат. экон. ***Тауар*** *(сатуға немесе сатып алуға жарайтын өзіндік құны, бағасы бар еңбек өнімі).*

**ТОВАРЛЫ** сын. экон. *Товарды көп беретін, товары мол.*

**ТОВАРЛЫҚ** сын. экон. *Товарға тән, товарға қатысты.*

**ТОВАРОВЕД** зат. сөйл. *Сауда орындарында зат таратушы маман.*

**ТОҒА** зат. сөйл. ***Доға*** *(белдік, тартпа сияқты заттардың ұшын бекіту үшін темірден жасалған зат).*

**ТОҒАЙ**[1] зат. **1.** *Өзен бойларындағы жабайы өскен әртүрлі қалың қу ағаш.* **2.** *Шөл және шөлейт аймақтардың жайылма сулы өзен алаптарында өсетін бұта аралас орман.* **3.** *Орманның негізгі алқаптан оқшауланған шағын бөлігі.*

**Тоғай бұғысы.** зоол. <лат. cervus elaphus bactrianus> *Жұптұяқтылар отряды, бұғылар тұқымдасына жататын дене мөлшері шағын, шоқтығының биіктігі 120 см-дей аң.* **Тоғай жұлдызшасы.** бот. *Дымқыл жерлерде өсетін улы шөп.*

**ТОҒАЙ**[2]**=** ет. *Тамаққа тойыну.*

**ТОҒАЙДАЙ** сын. *Тоғай сияқты, тоғай тәрізді.*

**ТОҒАЙЛЫ** сын. *Тоғай өскен, тоғайы бар.*

**ТОҒАЙЛЫҚ** зат. *Тоғайдың қалың шөп өскен ашық жері.*

**ТОҒАЙЛЫ-ТОМАРЛЫ** сын. *Тоғай өскен, ағашы мол.*

**ТОҒАЙЛЫ-ТОРАҢҒЫЛЫ** сын. *Тоғай, тораңғыл өскен.*

**ТОҒАЙРАҚ** зат. **1.** *Жылқының тазқарынының безсіз, қырышсыз бөлігі.* **2.** жерг. *Сойған қойдың тік ішегінің аршылмаған жиынтығы.*

**ТОҒАЙСЫЗ** сын. *Тоғайы жоқ, ағашы жоқ.*

**ТОҒАЙТ=** ет. *Тойындыру.*

**ТОҒАЙТУ** *Тоғайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒАЙША** зат. *Кішкентай тоғай.*

**ТОҒАЛ**[1] сын. жерг. *Сөзінде үйлесім жоқ, топастау.*

**ТОҒАЛ**[2] зат. жерг. *Саманнан салынған үй.*

**ТОҒАЛА** зат. вет. жерг. *Ірі қара малдың көз етінің ісіп ауруы.*

**ТОҒАЛЫ** сын. *Тоғасы бар.*

**ТОҒАМ** зат. *Айдың біту мерзімі.*

**ТОҒАН** зат. сушар. **1.** *Өзен арнасынан суармалы алқапқа тікелей тартылған үлкен арық (канал).* **2.** *Егістік жерді, бау-бақшаны суғару үшін жасалған үлкен арық.* **3.** ауыс. *Арна, қазына.*

**Тоған байлау**. *Егістікті суғаруға қажетті суды жинау үшін тоспа, бөгет жасау.* **Тоған қандау [тоғанға құдайы қылды].** этн. миф. *Егіншілердің алғаш тоған қазған кезде «тоған сулы болсын» деп, мал сойып, қанын қазылған тоған басына тамызып жасайтын ырымы.*

**ТОҒАНАҚ**[1] зат. **1.** этн. кәс. *Бір басында ілмегі бар, екінші басына арқан байланатын ағаш.* **2.** *Альпинистердің қауіпсіздік арқанымен жұмыс істегенде тасымал жұмыстарын іске асыратын ашылып-жабылмалы шығыршық.*

**ТОҒАНАҚ**[2] зат. жерг. *Үлкен етіп буылған жүк, тең.*

**ТОҒАНАҚТА=** ет. *Тең-тең етіп, домалақтап буу.*

**ТОҒАНАҚТАУ** *Тоғанақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒАНДА=** ет. **1.** *Тоған салу, бөгет жасау.* **2.** *Тоған қазу, тоған жүргізу.*

**ТОҒАНДАЛ=** ет. *Тоған салыну, бөгет жасалу.*

**ТОҒАНДАЛУ** *Тоғандал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒАНДАУ** *Тоғанда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒАН-ТОСПА** зат. *Бөгет, тосқауыл.*

**ТОҒАНШЫ** зат. кәс. *Тоғандағы суды егістікке жіберіп тұратын адам.*

**ТОҒАР=** ет. жерг. *Доғару, тоқтатып қою.*

**ТОҒАС** [мерсия] зат. бот. *Жалты пішіні күріш өсімдігіне ұқсас жабайы шөп.*

**ТОҒАШЫ**[1] зат. жерг. көне. *Ауылдың атқамінері, пысық жігіт, шабарман.*

**ТОҒАШЫ**[2] зат. жерг. *Айылбастың сағалдырық жүгендегі және ертоқымының басқа жерлеріндегі кішкентай түрлері.*

**ТОҒАЮ** *Тоғай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тойыну, тойып жеу.* **2.** ауыс. *Көңілі толу, марқаю.*

**ТОҒЫЗ** сан. **1.** *Сегіз бен онның аралығындағы сан.* **2.** *Тоғыз жас. // Сағатта сегіз бен онның арасын көрсететін уақыт.* **3.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы үлкен жиын-тойда ат бәйгесіне берілетін сыйлық немесе әртүрлі дау-шарда төленетін айып.* **4.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында қадірлі қонаққа, сыйлы кісіге берілетін, сондай-ақ жол-жоралғы жөнімен берілетін, өз ішінен жанды (немесе тірі) және жансыз (немесе өлі) тоғыздан, бас жақсыдан құралған кәде.*

**Тоғыз айып**. этн. *Түйе бастаған тоғыз мал не ірі тоғыз зат төлемі, айыптың ең ірісі.* **Тоғыз айып тартты.** *Айыптың ең үлкенін төледі.* **Тоғыз беру.** этн. *Қазақтың байырғы салт-дәстүрінде айып-анжаға (құн төлеу, әртүрлі айып т.б.), бас бәйгеге (ат жарыс, балуан күрес, суре айтыс т.б.), күйеу ұрын барған кезде, жігіт қызды алып қашқан жағдайда, жол-жоралғы жөнімен қадірлі қонаққа берілетін кәде.* **Тоғыздың бас жақсысы.** этн. *Жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат), жансыздан қалы кілем, алмас қылыш (не түзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан) енетін кәде.* **Тоғыз жолдың торабы.** *Көп жолдың түйіскен, тоғысқан жері.* **Тоғыз көзді [тор, топшылы] кіреуке [сауыт, берен].** фольк. *Эпостық жырларда кездесетін батырлар киімінің бір түрі.* **Тоғыз қарыс қазан.** этн. *Жиын-тойда, ас бергенде асылатын үлкен қазан.* **Тоғыз қырлы, тоқсан [бір] сырлы.** *Өте тапқыр, өнері мол, икеморамы ерекше ақылды кісі туралы айтылады.* **Тоғыз саққа жүгіртті.** *Әртүрлі теріс пікір айтты, өзінше болжам жасады.* **Тоғыз тарау.** анат. *Адам қолының мойыны, білезік салатын тұстағы көп ұсақ сүйектен тұратын күрделі буын.* **Тоғыз тарту.** этн. *Той-томалақтарда қайым айтыстан жеңілген жақтың торғын орамалдың шетіне күміс жүзік (не күміс теңге) түйіп, жеңгелерге сый-құрмет көрсетуі.* **Тоғыз тұрып [толғанып], тоқсан [он] толғанды [ойланды].** *Тебірене ойланды, жан-жақты қарастырды.* **Тоғыз [тоқсан] қатынның толғағы қатар келді.** *Қарбалас іске, қат-қабат шаруаға килікті, жұмыс басты болды деген мағынада.* **Тоғыз қабат торғауыт.** көне. *Бірнеше қабат көннен жасалған сауыт.* **Тоғыз қабат торқа.** бейн. *Үлде мен бүлде.* **Тоғыз пернелі домбыра.** *Тоғыз пернеге бөлінген сабы бар домбыра.* **Тоғыз ішекті домбыра.** *Тоғыз ішектен тұратын домбыра үлгісі.*

**ТОҒЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Тоғыз саны жазылған жер.* **2.** *Ойын картасының тоғыз санымен нөмірленген қағазы.* **3.** спорт. *Футбол қақпасының үстіңгі оң не сол бұрышы.*

**ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ** зат. этн. *Қазақ халқының ертеден келе жатқан құмалақ салатын он сегіз отауы, екі қазаны бар, есепке баулитын ұлттық ойыны.*

**ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ** зат. спорт. *Тоғызқұмалақ ойнаушы; тоғызқұмалақ спорттық ойынына қатысушы.*

**ТОҒЫЗҚЫЛТАН** зат. өс. <лат. enneapogon> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

**ТОҒЫЗТОНАУ** зат. *Қиыншылық, ауыртпалық.*

**ТОҒЫЗЫНШЫ** сан. *Сегіз бен он санының аралығындағы реттік сан.*

**ТОҒЫЛ=** ет. *Бірінің соңынан бірі лықсып түсу, бірін-бірі ығыстыру.*

**ТОҒЫЛТ=** е т. **1.** *Бірінің соңынан бірін лықсытып түсіру, ығыстырту.* **2.** а у ы с . *Үстін-үстінен төгілту, үдету.*

**ТОҒЫЛТУ** *Тоғылт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫЛУ** *Тоғыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫЛЫС=** е т. *Жөңкілісу.*

**ТОҒЫЛЫСУ** *Тоғылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫМ** з а т . ж е р г . **1.** ***Тоғын*** *(арбаның дөңгелегінің қимасы, имесі.* **2.** *Дөңгелек.*

**ТОҒЫН**[1] з а т . *Үлкен, зор денелі адам.*

**ТОҒЫН**[2] з а т . ж е р г . *Дөңгелектің шен темір ішіндегі име ағашы.*

**ТОҒЫН**[3] з а т . қ о л ө н е р . *Шаңырақтың күлдіреуішсіз шеңбері.*

**ТОҒЫС**[1] з а т . э т н . *Ай орағының немесе Ай табағының Үркерді «басып өтуіне байланысты кезі».*

**Тоғыс ай.** э т н . *Ай мен Үркердің тоғысатын уақыты, тетелес келетін екі тоғыс аралығы.* **Тоғыс есебі**. э т н . *Байырғы қазақ қоғамында қолданылған уақыт есебінің Үркер шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі; Үркерге негізделген күнтізбе.*

**ТОҒЫС**[2]**=** е т. э т н . *Айдың Үркерді басып өтуі.*

**ТОҒЫС**[3]**=** е т. **1.** *Әр тараптан келіп, бір-бірімен түйісу, тоқайласу, бір арнаға құю.* **2.** *Бір жерге жиналу, бас қосу, кездесу.* **3.** а у ы с . *Ойлары бір жерден шығу, үйлесе кету.* **4.** а у ы с . *Табысу.* **5.** а у ы с . *Ұштасу, ұласу.* **6.** а у ы с . *Үстін-үстінен үйілу.* **7.** а у ы с . *Ұқсау, бірдей болу.* **8.** а у ы с . *Тартысу, таласу.*

**ТОҒЫСАЙ** з а т . з о о л . *Бүркіт тұқымдас жыртқыш құстың бір түрі.*

**ТОҒЫСПАЛЫ** с ы н . *Тоғысатын, түйіспелі.*

**Тоғыспалы әдіс**. е г і н ш а р . *Егін егуде қолданылатын әдіс-тәсіл.* **Тоғыспалы ықпал**. л и н г в . *Сөз құрамындағы екі дыбыстың бір-біріне әсер етуі нәтижесінде екеуінің де өзгеріске түсуі.*

**ТОҒЫСТЫР=** е т. **1.** *Әр тараптан келіп түйістіру, бір арнаға құйдыру.* **2.** *Кездестіру, жолықтыру.* **3.** *Табыстыру.***4.** *Ойларын бір жерден шығару.*

**ТОҒЫСТЫРУ** *Тоғыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйістіру.* **2.** *Ұластыру, ұштастыру.*

**ТОҒЫСТЫРЫЛ=** е т. *Түйістірілу, біріктірілу, байланыстырылу.*

**ТОҒЫСТЫРЫЛУ** *Тоғыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫСУ**[1] э т н . *Тоғыс*[2] *етістігінің қимыл атауы; Айдың Үркерді басып өтуі [Жаздың басында Үркер аспан сферасының екінші жақ жартысына (көкжиектен төмен) кетеді де, Жер шарының солтүстік жартысындағы елдерге 40 күндей көрінбейді. Қазақтар бұл жөнінде: «Үркер 40 күн жерде жатады» деген. «Жерде жатқан» кезінде Үркер Аймен 2 рет тоғысуға тиіс, бірақ олар көзге көрінбейді. Үркерді бір жаңасындағы Ай орағы жауып өткеннен кейінгі 4 апта уақыт бір тоғыс айы деп аталады. Сондай-ақ 3, 5, 7,...25 тоғыс айлары болады, бәрі де 28 күннен].*

**ТОҒЫСУ**[2] *Тоғыс*[3] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйісу, тоқайласу.* **2.** *Кездесу, ұшырасу.*

**ТОҒЫТ**[1]**=** е т. **1.** *Қотыр, қышыма ауруларына қарсы ағынды (не дәрілі) суға қой-ешкіні салып, жүздіріп өткізу.* **2.** *Суға батыру.* **3.** а у ы с . *Тоқтаусыз бастырмалап жіберу, бірінің артынан бірін төгу.*

**Тоғытқан қойдай үйме-жүйме болды**. *Ығы-жығы, абыр-сабыр болды.* **Тоғытқан қойша.** *Өздігінен, аңдаусыз, байқаусыз.*

**ТОҒЫТ**[2] з а т . ж е р г . *Қой тоғытуға арналған шұңқыр.*

**ТОҒЫТУ** *Тоғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫТЫЛ=** е т. **1.** *Қой-ешкінің ағынды суға батырылып, жуылуы.* **2.** *Батып кету, сүңгу.* **3.** а у ы с . *Берілу, таратылу.*

**ТОҒЫТЫЛУ** *Тоғытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҒЫШАР** с ы н . *Ой-өрісі тар, түк көрмеген, ұсақ (адам).*

**ТОҒЫШАРЛАН=** е т. *Ұсақ-түйекпен айналысу, тоғышарлыққа салыну.*

**ТОҒЫШАРЛЫҚ** з а т . **1.** *Ой-өрісі тарлық, ұсақтық.* **2.** п с и х о л . *Адамның өзімшілдігімен, қоғамдық белсенділігінің төмендігімен, қауым ісіне салғырттығымен сипатталатын жағымсыз мінез-құлық.*

**ТОЖАРЛА=** е т. ж е р г . *Жұмырлау, умаждау.*

**ТОЖНА** з а т . ж е р г . *Махорка, темекі жапырақтары өзегінің фабрика жағдайында ұсақталған түрі.*

**ТОЗ**[1] з а т . *Қайыңның бұжыр қабығы.*

**ТОЗ**[2] з а т . э т н . *Сүттің бетіндегі қаймағын сыпырып алғаннан кейін де шаңытып қалып қоятын қаймақ пен сүт арасындағы жұқа маңызы.*

**ТОЗ**[3] з а т . ж е р г . *Лай; шаң, тозаң.*

**ТОЗ**[4]**=** е т. **1.** *Тозығы жетіп көнеру, ескіру.* **2.** *Жан-жаққа бытырап, бетбетіне кету.* **3.** а у ы с . *Жайкүйі төмендеп, жүдеп-жадау, азу.* **4.** а у ы с . *Өзгеру, артта қалу, құрдымға кету.* **5.** а у ы с . *Ұмытылу, ұмыт болу.* **6.** а у ы с . *Бұзылу, мәнісі кету, жабырқау.* **7.** а у ы с . *Қолданыстан шығу.* **8.** а у ы с . *Шаршап-шалдығу.* **9.** а у ы с . *Шабыты қайту, тоқырау.* **10.** а у ы с . *Мұқалу, солу, саламатынан айырылу.* **11.** а у ы с . *Қызығы басылу.*

**ТОЗАҚ** з а т . **1.** д і н и . *Діни наным бойынша өлген кісілерді күнәсы үшін о дүниеде азаптап қинайтын жер, тамұқ; мұсылмандық ақырзаман туралы ілімде күнәһарлар мен дінсіздердің о дүниеде жазаланатын орны.* **2.** а у ы с . *Бұ дүниеде көрген жан қинайтын азап, қиянат.*

**Тозаққа салды.** *Алла тағала осы дүниедегі күнәсі үшін о дүниеде жанын қинайтын, азаптайтын орынға жіберді, жазалады.* **Тозақ оты**. д і н и . *Діни наным бойынша, о дүниедегі күнәһарлар мен дінсіздердің осы дүниедегі азаптан да ауыр, жанын қинайтын тамұқ оты.* **Тозақтан құтқарды.** *Азаптан, қиыншылықтан азат етті.*

**ТОЗАҚТАЙ** с ы н . *Тозақ сияқты.*

**ТОЗАҚЫ** с ы н . **1.** *Содыр мінезді, сотқар, бұзақы.* **2.** д і н и . *Тозақтық.*

**ТОЗАҚЫЛЫҚ** з а т . *Сотқарлық, бұзақылық.*

**ТОЗАҢ**[1] з а т . **1.** *Зат үстіне қонған не ауаға көтерілген жұқалаң селдір шаң.* **2.** *Қалың шаң-топырақ.* **3.** а у ы с . *Мәнсіз, салмақсыз бос нәрсе.* **4.** а у ы с . *Ауыртпалық, кірбің, уайым.*

**Тозаң басты.** *Шаңы шықты.* **Тозаңды қаракүйе.** <лат. ustilago tritici> *Бидай масағының өзекшеден басқа органдарын тұтасымен жойып, қаракүйе спорасына айналдыратын, күйе саңырауқұлағы тарататын өсімдік ауруы.* **Тозаң шалды**. *Шаң басты.* **Тозаңы шықты.** *Топырағы, шаңы көтерілді.*

**ТОЗАҢ**[2] з а т . б о т . <лат. pollen> *Гүлдегі аталық тозаңдықта жетілетін тозаң дәндерінің жиынтығы.*

**Тозаңның ұрықсыздығы**. б о т . *Тозаңның аналықтың аузына түсуі, өнуі, бірақ ұрықтануға қатыспауы.*

**ТОЗАҢДА=** е т. *Бұрқыраған майда шаң басу.*

**ТОЗАҢДАЙ** с ы н . *Тозаң сияқты.*

**ТОЗАҢДАЛ=** е т. *Шаң, тозаң басу.*

**ТОЗАҢДАЛУ** *Тозаңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАН**[1]**=** е т. *Тозаң басу.*

**ТОЗАҢДАН**[2]**=** е т. б о т . *Өсімдіктердің аталық және аналық жасушаларының бір-біріне қосылуы; ұрықтану.*

**ТОЗАҢДАНДЫР**[1]**=** е т. *Тозаң, шаң бастыру.*

**ТОЗАҢДАНДЫР**[2]**=** е т. б о т . *Ұрықтандыру.*

**ТОЗАҢДАНДЫРУ**[1] *Тозаңдандыр*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАНДЫРУ**[2] *Тозаңдандыр*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАНДЫРУШЫ** з а т . б и о л . *Ұрықтандырушы.*

**ТОЗАҢДАНУ**[1] *Тозаңдан*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАНУ**[2] *Тозаңдан*[2] *етістігінің қимыл атауы, өсімдіктердің ұрықтануы; тозаңның аналық аузына (гүлді өсімдіктерде) немесе дән бүршігіне (ашық тұқымдыларда) тасымалдануы.*

**ТОЗАҢДАТ=** е т. *Тозаңын көтеру, шаңғыту, тозаңын, шаңын шығару.*

**Тозаңдатып суармалау**. с у ш а р . *Майда дисперсиялы (аэрозольды) жаңбырлату.*

**ТОЗАҢДАТҚЫШ** с ы н . б и о л . *Өсімдіктерді тозаңдандыратын (жәндіктер).*

**ТОЗАҢДАТУ** *Тозаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАТЫЛ=** е т. *Тозаңы көтерілу, ұрықтандырылу.*

**ТОЗАҢДАТЫЛУ** *Тозаңдатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДАУ**[1] с ы н . *Шаң басқан, ластау, былғаныштау.*

**ТОЗАҢДАУ**[2] *Тозаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗАҢДЫ** с ы н . *Шаңды, тозаңы көтерілген.*

**ТОЗАҢДЫҚ** з а т . б о т . *Тозаңданатын өсімдіктердің аталық мүшесінде жатқан бөліктің бірі.*

**ТОЗАҢЖЕГІШТЕР** з а т . з о о л . <лат. alleculidae> *Қаттықанаттылардың бір тұқымдасы.*

**ТОЗАҢҚАП** з а т . б о т . <лат. anthera> *Тозаң жетілетін тозаңдықтың бір ұясы.*

**ТОЗАҢТҰҚЫМ** з а т . б о т . <лат. sterigmostemum> *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТОЗАҢША** з а т . б о т . *Гүлдің аталық тозаңдығында жетілетін майда дәндер.*

**ТОЗАҢЫТ=** е т. *Селдір, жұқа шаң көтерілу.*

**ТОЗАҢЫТУ** *Тозаңыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗҒАҚ**[1] с ы н . *Тоза беретін, тозғыш.*

**ТОЗҒАҚ**[2] з а т . ж е р г . *Уілдірік, қурағанда желге ұшып кететін қоғаның басы.*

**ТОЗҒАНАҚ** з а т . ө с . <лат. tussilago> *Өгейшөп, өгейшешек.*

**ТОЗҒАНДЫҚ** з а т . *Тозығы жеткендік, ескіргендік.*

**ТОЗҒЫН** с ы н . **1.** *Өңі кетіңкіреп ескірген, көнелеу.* **2.** а у ы с . *Шырқы кетіп, берекесі қашқан.*

**ТОЗҒЫНДА=** е т. **1.** *Әбден ескіру, көнеру.* **2.** *Алды-алдына ыдырап, бет-бетіне кету.*

**ТОЗҒЫНДАЛ=** е т. *Ыдырау, бет-бетіне кету.*

**ТОЗҒЫНДАЛУ** *Тозғындал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗҒЫНДАН=** е т. *Тозығы жету, ескіру, берекесі кету.*

**ТОЗҒЫНДАНУ** *Тозғындан етістігінің қимыл атауы*

**ТОЗҒЫНДАТ=** е т. *Ыдырату, бостыру.*

**ТОЗҒЫНДАТУ** *Тозғындат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗҒЫНДАУ** *Тозғында етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗҒЫНДЫҚ** з а т . *Өңі кетіңкірегендік, ескіргендік, тозығы жеткендік.*

**ТОЗДА=** е т. *Қайыңның қабығымен ерді (ертоқымды) қаптау.*

**ТОЗДЫР=** е т. **1.** *Тозығын жеткізу, көнерту.* **2.** *Титықтату, берекесін кетіру, шырқын бұзу.* **3.** *Қадірін кетіру.*

**ТОЗДЫРУ** *Тоздыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тозығын жеткізу, ескірту, көнерту.* **2.** а у ы с . *Қадірін кетіру, шаршату.*

**ТОЗДЫРУ** *Тоздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЗСЫРНАЙ** з а т . э т н . *Кәдімгі ақ қайыңның қабығынан (тозынан) жасалған қарапайым ысқырық.*

**ТОЗ-ТОЗ** с ы н . **1.** *Жалба-жұлба болған, ескіқұсқы.* **2.** *Берекесіз, бәтуасыз.*

**Тоз-тоз болды.** а) *Бет-бетіне бытырап, алды-алдына кетті.* ә) *Берекесі кетті, шырқы бұзылды.* б) *Быт-шыты шығып, қирады.* **Тоз-тоз қылды.** *Тоздырып, қаңғытып жіберді, быт-шытын шығарды.* **Тоз-тозы шықты.** а) *Алды-алдына бытырап, быт-шыт болды.* ә) *Далдал болды.*

**ТОЗУ** *Тоз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тозығы жетіп, көнеру, ескіру.* **2.** *Құнары кету.* **3.** э к о н . *Негізгі құрал-жабдық объектілерінің табиғи және сапалық қасиеттерін, көрсеткіштерін, сипаттамаларын жоғалту процесі немесе бейматериалдық активтердің пайдаланылу барысында құнын көшіруі, олардың табыс әкелу қабілетін жоғалтуы.*

**ТОЗЫҚ** с ы н . *Ескіріп біткен, көнерген.*

**Тозығы жетті.** а) *Әбден ескірді, көнерді.* ә) *Шырқы бұзылды, берекесі кетті.* б) о к к а з. *Жел тұрып, жөңкіліп көшкен бұлт туралы.*

**ТОЗЫҢҚЫ** с ы н . *Тозығы жетіп ескіріңкіреген, көнеріңкі.*

**ТОЗЫҢҚЫРА=** е т. *Әбден ескіріңкіреу, көнеріңкіреу.*

**ТОЗЫҢҚЫРАУ** *Тозыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙ**[1] з а т. **1.** э т н . *Қазақ халқының мәдени өмірінде ерекше орын алатын адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өту дәстүріне сәйкес өткізілетін дүбірлі салтанатты жиын [Қазақтың дәстүрлі тойына, әдетте, той иесінің отбасы, жақын туысы, көрші-қолаңы, алыс ағайыны, құда-жегжаты, дос-тамыры, ауыл-аймағы шақырылады, әрбір қуанышты оқиғаға қатысты той сценарийі әртүрлі болады, қалыптасқан әдет-ғұрыптар бойынша, өзіндік ырым-жоралғы, жол-жосыны, тарту-таралғы, сый-кәделерімен атқарылады].* **2.** *Біреудің мерейлі қуанышы не бір салтанаттың, мерекенің құрметіне байланысты өткізілетін жайылған дастарқан, дүбірлі, қуанышты жиын, думан.* **3.** а у ы с . *Кең, дарқан (көңіл).*

**Той ағасы.** *Қуанышты жиын, ойын-тамашаны басқаратын кісі, той басқарушы, асаба.* **Той аңдыды**. *Қызық, думан іздеді.* **Той асы.** э т н . *Жиын-тойда берілетін кәделі тамақ, дәм (ет, т.б.).* **Той бастады**. *Жиын-тойды ән-өлеңмен бастады, ашты.* **Тойға бара жатқандай.** *Сыланып-сипанып, көтеріңкі (көңілмен).* **Тойға даярланды.** *Той жасауға не тойға баруға әзірлік жасады.* **Тойға жас жиылғандай.** бейн. *Жан-жақтан қаптап, шуркырап.* **Тойға шашу.** *Той иелеріне берілетін кәделі сый.* **Тойда бәйге шапты.** *Жиын-тойда өнер көрсетті, алдына жан салмады.* **Тойда билеп, торқа киген**. *Жай біреу емес, өнерлі деген мағынада айтылып тұр.* **Тойдан құр қалды.** *Тойға бара алмады.* **Тойдан тобықтай.** *Тойдан аз да болса сыбаға тисін деген мағынада.* **Той десе, құ бас домалайды.** *Елдің тойға деген құмарлығын, кәрі-жас түгел аттанатынын білдіру үшін айтылады.* **Тойдың болғанынан боладысы [дегені] қызық.** *Қуанышты жағдайдың болғанынан гөрі дайындық кезеңі маңызды деген мағынада.* **Той дүбірі.** *Думанды жиын, той болатынынан хабар.* **Той жасады [қылды, істеді].** *Адамның қуанышты кезеңдеріне не бір салтанаттың, мерекенің құрметіне арнап думанды, дүбірлі жиын өткізді.* **Той құтты болсын!** т і л е к . *Той иелерін құттықтау кезінде айтылатын игі тілек.* **Той өткен соң даңғыра.** *Әр нәрсе өз мезгілінде деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Той салты.** *Той жасау дәстүрі.* **Той сарқыты.** *э т н . Тойға, қонаққа барған адамның тойға бармай қалған туыстары, көрші-қолаң, ағайын, құрдастары дәм татсын деп және осындай қызық өздерінің де басында болсын деп ырымдап, той дастарқанынан алып келген тағамы, дәмі.* **Той тарқады.** *Той аяқталып, жиналған жұрт үйді-үйіне тарады, қайтты.* **Той тойға ұлассын.** т і л е к . *Той бола берсін, той толастамасын.*

**ТОЙ**[2]**=** е т. **1.** *Лықия ішіп-жеу.* **2.** а у ы с . *Мықтап ішкілік ішіп алу.* **3.** а у ы с . *Әбден ығыр болу. // Болымсыз тұлғада ашкөздену, құныгу деген мағынаны білдіреді.* **4.** а у ы с . *Мейірі қану, құмардан шығу.*

**Тойған қозыдай.** *а) Әдепті, артық қылығы жоқ, жуас. ә) Қарапайым, қатардағы.* **Тойған қозыдай [қозы секілді].** *Артық қылығы жоқ, моп-момақан, жұп-жуас.* **Тойып бітті**. с ө й л . ж а ғ ы м с ы з . *Әбден көңілі қалды, запы болды, шаршады.*

**ТОЙБАСТАР** з а т. **1.** ә д е б . *Қазақтың дәстүрлі халық жырларында тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа байланысты туындаған өлең түрі.* **2.** э т н . *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қыз ұзату, үйлену т.б. тойларында той иесін мадақтау, келген қонақтарды таныстыру, игі тілек тілеу мақсатында айтылатын салт өлең.* **3.** э т н . *Тойға келген қонақтарға «тойдан тәбәрік» деген мақсатта таратылатын көйлек-орамал, білезік-сақина сияқты заттар салынған қонаққәде.* **4.** э т н . *Тойға келген қонақтардың той дастарқанына «тойбастар» әкеліп қойылғаннан кейін оны ашар алдында айтылатын өлең (ән.).*

**ТОЙБАСЫ** з а т. ***Асаба.***

**ТОЙГЕРШІЛІК** з а т. ж а ғ ы м с ы з . *Той жасау салтындағы әсірелеушілік.*

**ТОЙҒАНЫҢША** ү с т. *Қалағаныңша, керегіңше.*

**ТОЙҒЫЗ=** е т. **1.** *Тойындыру, ішіп-жегізу.* **2.** а у ы с . *Құмардан шығару, разы қылу, мейірін қандыру.*

**ТОЙҒЫЗУ** *Тойғыз етістігінің қимыл атауы; тойындыру.*

**ТОЙДАЙ** с ы н . **1.** *Той сияқты.* **2.** а у ы с . *Ұлан-асыр.*

**ТОЙ-ДОМАЛАҚ** з а т. с ө й л . ***Той-томалақ.***

**ТОЙ-ДУМАН** з а т. *Қызығы мол ойын-сауық, тамаша.*

**ТОЙ-ДҮРМЕК** з а т. *Сауық-сайранды ойын-тамаша.*

**ТОЙДЫР=** е т. **1.** *Тойындыру, тойғанша тамақ беру.* **2.** *Жарылқау, қарқ қылу.* **3.** а у ы с . *Мейірін қандыру, құмардан шығару.* **4.** а у ы с . ж а ғ ы м с ы з . *Әбден ығыр қылу.*

**ТОЙДЫРУ** *Тойдыр етістігінің қимыл атауы; ішіп-жегізу, қанағаттандыру.*

**ТОЙ-ЖИЫН** з а т. *Ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жегжат, ауыл-аймақ, көрші-қолаң – үлкен тойшы қауым жиналған дәмді ас тартылатын думанды жиын.*

**ТОЙҚАҢДА=** е т. *Масаттанып, жайбарақат басып, ауытқи, теңселе қозғалу.*

**ТОЙҚАҢДАУ** *Тойқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЛА=** е т. **1.** *Той жасау.* **2.** *Бір нәрсенің қуанышы, құрметіне байланысты ұйымдастырылған шараны өткізу, соны мерекелеу, мейрамдау.* **3.** с ө й л . *Ат-көлікпен не жаяулы-жалпылы тойға бару, тойшылау.*

**ТОЙЛАН=** е т. *Той жасалу, аталып өту, мерекелену.*

**ТОЙЛАНУ** *Тойлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЛАС=** е т. *Тойға ортақтасу, ішінде болу.*

**ТОЙЛАСУ** *Тойлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЛАТ=** е т. *Той жасату, той-думанға бару, ішінде болу.*

**ТОЙЛАТУ** *Тойлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЛАУ** *Тойла етістігінің қимыл атауы; той жасау, мерекелеу, атап өту.*

**ТОЙЛЫ** с ы н . *Ырду-дырдуға толы, думанды.*

**ТОЙЛЫҚ** с ы н . *Тойға деп аталған, соған арналған.*

**ТОЙМАҚАЛА** з а т. ә д е б . *Өнер, ғылым, әдебиет т.б. қайраткерлерінің белгілі бір мүшелді жасына байланысты оның еңбектерін, өмір жолын, қызметін қорытындылау мақсатымен жазылатын құттықтау мақала.*

**ТОЙМАЛ** з а т. э т н . *Қыз ұзату тойына күйеу жігіт тарапынан берілетін 10-15 қаралы мал.*

**ТОЙМАСТЫҚ** з а т. *Ашкөздік, тоғышарлық.*

**ТОЙНАҚ** з а т. ж е р г . *Өкшесі түсті маталармен қапталған аяқкиім (етік, кебіс).*

**ТОЙНАҚША** з а т. ж е р г . *Қоржынның құлып салатын ілгегі.*

**ТОЙНАҚЫ** с ы н . *Тойынған.*

**ТОЙОН** з а т. т а р . *Сахалар арасындағы билеуші топ өкілдерінің лауазымы.*

**ТОЙПАҢ** з а т. *Аяқ асты қақтығысып қала беретін албырттық, қызбалық.*

**ТОЙПАҢДА=** е т. *Құнжыңдап шираң басып, есіп отыру.*

**ТОЙПАҢДАУ** *Тойпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙ-СОЙ** з а т. с ө й л . *Той-томалақ.*

**ТОЙТАҚ** с ы н . ж е р г . *Жағымпаз.*

**ТОЙТАҚТА=** е т. с ө й л . ***Тойтаңда.***

**ТОЙТАҚТАУ** *Тойтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙТАЛАҢДА=** е т. *Екі жағына қарай қиралаңдай басып, ақсаң-ақсаң ету.*

**ТОЙТАЛАҢДАУ** *Тойталаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙ-ТАМАША** з а т. *Ойын-сауық, думанды жиын.*

**ТОЙТАҢ** з а т. *Қозғалысы ерсі, шолжаң қимыл, еркелік.*

**ТОЙТАҢДА=** е т. **1.** *Әрлі-берлі қиралаңдау, ақсаңдау.* **2.** *Шолжаңдап, өрескел ерсі қимылдау.*

**ТОЙТАҢДАТ=** е т. *Шолтаңдату, еркелетіп жіберу.*

**ТОЙТАҢДАТУ** *Тойтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙТАҢДАУ** *Тойтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙТАР=** е т. **1.** *Қағылған шегенің не екі затты бекітетін темір тетіктердің екінші жақ шетін жалпақтап қайыру.* **2.** а у ы с . *Меселін қайтарып, қағып тастау.* **3.** а у ы с . *Жауға қарсы соққы беріп, бетін қайтару.*

**ТОЙТАРҚАР** з а т. э т н . *Ойын-тамаша аяқталды дегенді білдіретін белгі.*

**ТОЙТАРМАЛЫ** с ы н . *Қағып тастайтын, меселін қайтаратын.*

**ТОЙТАРУ** з а т. з е р г . *Күміс, мыс, жез т.б. металдан бұйымға салынған төсеніш.*

**ТОЙТАРУ** *Тойтар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Істік заттардың ұшын қайыру.* **2.** а у ы с . *Меселін қайтарып, қағып тастау.* **3.** а у ы с . *Қарсы соққы беру, бетін қайтару.*

**ТОЙТАРЫЛ=** е т. **1.** *Шегенің немесе екі затты бекітетін темір тетіктердің екінші жақ шетінің жалпақтап қайырылуы.* **2.** а у ы с . *Қарсы соққы берілу, беті қайтарылу.*

**ТОЙТАРЫЛУ** *Тойтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙТАРЫС**[1] з а т. ә с к . *Шабуылдың бетін қайтаратын батыл қимыл-әрекет.*

**Тойтарыс берді.** *Бетін қайтарды.*

**ТОЙТАРЫС**[2]**=** е т. *Тойтарыс берісу, жаудың бетін қайтарысу.*

**ТОЙТАРЫСУ** *Тойтарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙ-ТОБЫР** з а т. *Әртүрлі себеппен жиылысатын дүрмекті жиын-той; той-томалақ.*

**ТОЙ-ТОМАЛАҚ** з а т. *Кішігірім ойын-сауық, шағын тамаша.*

**Той-томалақ жөнелтуші.** *Белгілі бір жиынды, той-думанды басқарушы, соны өткізуші, атқарушы адам.*

**ТОЙ-ТОПЫР** з а т. с ө й л . ***Той-тобыр.***

**ТОЙТӨБЕ** з а т. э т н . *Байырғы қазақ қоғамындағы той салтанаты өткізілетін арнайы орын.*

**ТОЙТЫҚ** с ы н . **1.** *Екі өкшесін екі жаққа басатын, қисық (өкше).* **2.** а у ы с . *Ақсақ, төкір.*

**ТОЙТЫҚТА=** е т. *Екі өкшесін екі жаққа жіберіп, қисық басу, ақсаңдау.*

**ТОЙТЫҚТАУ** *Тойтықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙТЫҚ-ШОЙТЫҚ** с ы н . с ө й л . ***Қисық-мисық.***

**ТОЙХАНА** з а т. <лат. restauros> *Той жасайтын орын, банкет залы.*

**ТОЙШЫ** з а т. *Тойға келген кісі.*

**ТОЙШЫЛ** с ы н . *Сауықшыл, тойқұмар, той жасағыш.*

**ТОЙШЫЛА=** е т. *Той тойлап кету.*

**ТОЙШЫЛАУ** *Тойшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЫМ** зат. *Ішіп-жемге, рухани жан азығына деген ризалық, қанағат, нысап.*

**Тойым жоқ.** *Қанағатсыз, ашқарақ, қомағай.*

**ТОЙЫМДЫ** сын. *Қарынды тез тойғызатын, тоқ.*

**ТОЙЫМДЫҚ** зат. *Барға ризашылық, қанағаттық.*

**ТОЙЫМДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Тойымдық.***

**ТОЙЫМСЫЗ** сын. **1.** *Ашқарақ, қомағай.* **2.** ауыс. *Еш нәрсеге қанағаты жоқ, нысапсыз, ашкөз.*

**ТОЙЫМСЫЗДАН=** ет. *Көзі тоймай ашқарақтану, қомағайлану.*

**ТОЙЫМСЫЗДАНУ** *Тойымсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Барға қанағат етпейтін ашқарақтық, нысапсыздық.*

**ТОЙЫН** сын. *Отты, шүйгінді (жер).*

**ТОЙЫН=** ет. **1.** *Қарны тою, молшылық болу, ішіп-жемі мол болу.* **2.** ауыс. *Масыгу.* **3.** ауыс. *Мауқы басылу, орны толу, үміті ақталу.*

**Тойын болу.** жерг. *Жердің от болуы.* **Тойын жер.** жерг. *Сазды жер.*

**ТОЙЫНДЫР=** ет. *Тойдыру, тойғанша ішіп-жегізу, ішіп-жемін мол беру.*

**ТОЙЫНДЫРУ** *Тойындыр етістігінің қимыл атауы; тойдыру, тойғанша ішіп-жегізу.*

**ТОЙЫНТ=** ет. *Тойғызу, тойындыру.*

**ТОЙЫНТУ** *Тойынт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЫНУ** *Тойын етістігінің қимыл атауы; тою, тамағы, ішіп-жемі мол болу.*

**ТОЙЫҢҚЫ** сын. *Ішіп-жемге тойған, қанағаттаныңқы.*

**ТОЙЫҢҚЫРА=** ет. *Ішіп-жемге қанағаттаныңқырау.*

**ТОЙЫҢҚЫРАУ** *Тойыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЙЫС=** ет. **1.** *Тойынысу.* **2.** ауыс. *Риза болысу, сүйсінісу.*

**ТОЙЫСУ** *Тойыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЯНА** зат. этн. *Тойға апаратын тарту, сый.*

**ТОК** зат. физ. *Өткізгіш бойында қозғалып тұратын электр қуаты.*

**Ток бойынша шығым.** хим. *Берілген электродтық реакцияға сай электролит арқылы өтетін электрдің үлесі.* **Ток көздері.** физ. *Әртүрлі энергия түрлерін электр энергиясына түрлендіретін құрылғылар.* **Ток күші.** физ. *Электр тогының скалярлық сипаттамасы.*

**ТОКАРЬ** ор. зат. ***Темір ұста*** *(темір, ағаш тетіктерді жонатын істің шебері).*

**ТОКАРЬЛЫҚ** сын. *Темір ұстаға қатысты, ұсталық.*

**ТОККАТА** [итал. toccata] зат. муз. *Фортепиано не орган аспаптарына арналып жазылатын қиын пассажды, өте жігерлі, жылдам, екпінді орындалатын шығарма (пьеса).*

**ТОКҚАҒАР** зат. физ. *Электр желісін, басқа электрмен қоректену көздерін қысқаша тұйықталу салдарынан болатын токтың кенет шамадан тыс артып кетуінен қорғауға арналған тетік.*

**ТОКОГРАФ** зат. тех. *Қан қысымын анықтайтын құрал.*

**ТОКОДИНАМОМЕТРИЯ** зат. мед. *Босану кезінде жатырдың жиырылу күшін өлшеу.*

**ТОКСАПИН** зат. фарм. *Ара уынан жасалған дәрі.*

**ТОКСАСКАРИДОЗ** [лат. toxascaridosis] зат. вет. *Иттің, түлкінің аш ішегінде тіршілік ететін жұмыр құрттың әсерінен жануардың ішегін қабындырып, арықтататын гельминтоз ауру.*

**ТОКСИКОЗ** [грек. toxikon] зат. мед. ***Ит-жерік*** *(уыттың денеге жайылуы; екіқабат әйелдің жүрегі айнып, тамаққа тәбеті тартпауы, ағзаның әлсіреу кезеңі).*

**ТОКСИКОЗ** [лат. toxicosis] зат. мед. *Бірқатар гармондардың шектен тыс көп болып қанға енуінен пайда болған улану белгілері.*

**ТОКСИКОЛОГИЯ** [грек. toxikon – у, logos – ілім] *Медицинаның удың қасиеттерін, ағзаға тигізетін әсерін, улану салдарынан туатын өзгерістерді, уланған адамды емдеу әдістерін зерттейтін саласы.*

**ТОКСИКОМАН** зат. мед. *Токсикоманиямен ауыратын адам.*

**ТОКСИКОМАНИЯ** зат. мед. *Улы заттарға зарарлық әуестік.*

**ТОКСИН** [грек. toxikon] зат. мед. *Улы заттар.*

**ТОКСОКАРОЗ** [лат. toxocarosis] зат. вет. *Ит пен мысық денесінде тіршілік ететін жұмыр құрттық әсерінен жануарлардың ішегі мен өкпесінің жарақаттануы, өкпесінің қабынуы.*

**ТОКСОПЛАЗМОЗ** [лат. toxoplasmosis] зат. мед. *Паразит арқылы жұғатын инвазиялық ауру.*

**ТОКУН-ФУ** зат. спорт. *Ертедегі Қытайдағы императорлық әскери сынақтардың жүйесі.*

**ТОҚ**[1] сын. **1.** *Ішіп-жемі мол, жеткілікті, аш емес. // Ішіп-жемнен уайымсыз, қарны тоқ адам.* **2.** ауыс. *Ауқатты, әлді.*

**Тоқ бие.** *Семіз бие немесе қоңданып, оты қанып, тойынған бие.* **Тоқ қарынға.** *Тыңқия тойып алып, ас іше салысымен.* **Тоқ ішек.** *Адам мен жануарлар ішегінің ащы ішектен кейінгі жуан келген майлы ішегі.*

**ТОҚ**[2] зат. *Тоя ішіп-жеген астың қуаты.*

**Тоғын басты.** *Ішкен-жегені қорытылғанша бой жазып, демін алды.* **Тоғын шайқады.** а) *Шырқын алды, берекесін қашырды.* ә) *Ішкен-жегенін араластырды.* **Тоқ басу.** этн. *Ас сіңіру үшін желінетін жеңіл тағам, қымыз ішу.* **Тоқ қасқырдай жонын күдірейтті.** *Кемшілігін, жоқшылығын білдірмей, паңданып жүрді.*

**ТОҚ**[3] зат. жерг. *Бестіге барабар қоңды жылқы.*

**ТОҚ** елік. *Кенет құлаған не қатты затты ұрған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тоқ етті [еткізді].** *Бір дүркін тоқ еткен дыбыс шықты.* **Тоқ етіп алды.** жерг. *Ұйықтап, көз шырымын алды.* **Тоқ тұрды.** жерг. *Дайын, әзір тұрды.*

**ТОҚАЙ** зат. бот. <лат. trachydium> *Таудың суальпілік деңгейінде өсетін шөптесін өсімдік.*

**ТОҚАЙЛАС=** ет. *Бір жерде бас қосысу, кездесу.*

**ТОҚАЙЛАСТЫР=** ет. **1.** *Кездестіру, жолықтыру.* **2.** ауыс. *Түйістіру, ұштастыру, сәйкестендіру.*

**ТОҚАЙЛАСТЫРУ** *Тоқайластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚАЙЛАСУ** *Тоқайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚАЙРА=** ет. *Тоқтап қалу, тоқырау, тосылу.*

**ТОҚАЙРАС=** ет. *Тоқырап қалысу.*

**ТОҚАЛ**[1] зат. этн. *Бәйбішенің үстіне алған әйел.*

**Тоқалдан туды.** *Басқалар алған еншіден құр қалды деген мағынада қолданылады.* **Тоқал етті.** *Тоқалдыққа алды.* **Тоқал қатын.** этн. *Әйелі бар адамға күйеуге шыққан әйел.*

**ТОҚАЛ**[2] сын. *Мүйізі жоқ тұқыл (мал).*

**Тоқал бұзау.** *Екі-үш айдың ішінде мүйізі шықпаған бұзау.* **Тоқал ешкідей қылды.** *Бөтенсіп, жатырқап бәрі түртпекке алды.* **Тоқал келі.** *Қуырған бидай, тары, жүгері түюге арналған көлемі орташа келі.* **Тоқал найза.** *Ұшы жоқ, ұшы майырылған найза.* **Тоқал үй [там].** *Төбесі жайдақ, шатырсыз үй.*

**ТОҚАЛДА=** ет. **1.** *Құнтитып тұқылдау.* **2.** жерг. *Қырқып жеу.*

**ТОҚАЛДАЙ** сын. *Тоқал сияқты.*

**ТОҚАЛДАН=** ет. *Құнтиып тұқылдану.*

**ТОҚАЛДАНУ** *Тоқалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚАЛДЫҚ**[1] зат. *Әйел үстіне тигендік.*

**Тоқалдыққа алды.** *Әйел үстіне әйел етті.*

**ТОҚАЛДЫҚ**[2] зат. *Мүйізі жоқтық, тұқылдық.*

**ТОҚАЛСАРЫ** зат. бот. <лат. truellum> *Далалы, шөлді аймақтарында өсетін тікенекті ащы шөп. Оны саршұнақ жақсы жейді.*

**ТОҚАЛТІС** зат. зоол. <лат. microtinae> *Кеміргіштер отряды, аламан тұқымдасының бір тармағына жататын, құйрығы келте, денесі жіңішкелеу, жатаған келген сұр тышқан.*

**ТОҚАНАҚ** зат. жерг. *Темекінің байламы.*

**ТОҚАТАЙ: тоқатай жілік.** жерг. ***Тоқпан жілік.***

**ТОҚАШ** зат. **1.** тамақ. *Қалыңдау етіп жайылған қамырды әртүрлі етіп кесіп, майға пісірген бауырсақ.* **2.** тамақ. жерг. *Қалыңдау етіп, тандырға пісірілген кішкене дөңгелек нан.*

**ТОҚАШТАЙ** сын. *Тоқаш сияқты, топ-томпақ.*

**ТОҚБАСАР** зат. **1.** *Тамақ ішіп болғаннан кейінгі ас сіңіретін бойжазыс.* **2.** *Ас сіңіретін жеңіл тағам.*

**ТОҚБӘЙГЕ** зат. этн. *Атты жаратпай-ақ қосатын, жақын қашықтықта болатын жарыс.*

**ТОҚЕТЕРІ** зат. **1.** *Істің ең басты түйіні, қысқа мәні, тұжырымы.* **2.** *Сатылар баға, ақтық күн.*

**ТОҚЖАРАУ** зат. **1.** *Бәйгеге жаратылған, бірақ қуы түспей, іші тазаланбаған ат.* **2.** ауыс. *Тоя тамақ ішпеген, бірақ аш емес.* **3.** ауыс. *Біршама күші, әл-қуаты бар.*

**ТОҚМАТ** зат. көне. *Бейнет, азап, қиыншылық.*

**ТОҚМАШ** зат. жерг. *Кеспе, көже.*

**ТОҚМЕЙІЛ** сын. *Барды (қол жеткенді) місе етуден басқаға ықыласы жоқ, қанағатшыл.*

**Тоқмейіл тартты.** *Көңілі орнықты деген мағынада.*

**ТОҚМЕЙІЛДЕН=** ет. *Қол жеткенді місе тұтып, соны көңілге тоқ санау, қанағат тұту.*

**ТОҚМЕЙІЛДЕНУ** *Тоқмейілден етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚМЕЙІЛДІК** зат. *Қол жеткенді, барды місе тұтушылық, қанағат етушілік.*

**ТОҚМЕЙІЛДІЛІК** зат. сөйл. ***Тоқмейілдік.***

**ТОҚМЕЙІЛСУ** *Тоқмейілсі етістігінің қимыл атауы; көңілге тоқ санау, қанағаттану.*

**ТОҚМЕЙІЛСУШІЛІК** зат. *Қол жеткенді місе тұтушылық, көңілге тоқ санаушылық.*

**ТОҚМЕЙІЛСІ=** ет. *Қол жеткенді көңілге тоқ санау, місе тұту.*

**ТОҚМЕЙІЛСІТ=** ет. *Қол жеткенді көңілге тоқ санату, місе тұтқызу, қанағаттандыру.*

**ТОҚМЕЙІЛСІТУ** *Тоқмейілсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚПАҚ**[1] зат. **1.** *Ұзындығы бір, бір жарым метрдей жуантық келген қол ағаш; қазық қағу үшін қолданылатын құрал.* **2.** зат. қолөнер. *Керілген желідегі (өрмек тоқуда) еркек жіп пен ұрғашы жіптің шатысын, арқау жіп өткізілген соң жіп арасын түйгіштейтін шеге тісті ағаш құрал.* **3.** ауыс. *Соққы, жаза, теперіш.* **4.** ауыс. *Біреудің қолшоқпары, сойылсоғары.*

**Тоқпақ жал [жалды].** *Қалыңдау келген, қою, ұзын жал.* **Тоқпақ жауды.** *Таяқ тиді, үсті-үстіне төпеледі.* **Тоқпақ жеді.** *Соққы көрді, таяқ жеді.* **Тоқпақ жілік.** анат. **1.** *Жауырын мен кәрі жілік аралығындағы жілік.* **2.** этн. *Мал етінің жауырын мен кәрі жілік аралығындағы бөлігі, қонақ күту әдеті бойынша сый табаққа салынбайтын жілік.* **Тоқпақ салды.** *Қиянат, жәбір көрсетті.* **Тоқпақ жалды.** *Қалың, қою жалы бар.*

**ТОҚПАҚ**[2] зат. спорт. *Жұдырығы қарсыласының қолдарының арасында тұрған шақта жақын арақашықтықтан оң қолмен ұру.*

**ТОҚПАҚТА=** ет. *Үсті-үстіне төпеп, ұрғылау.*

**ТОҚПАҚТАЙ** сын. *Жуантық келген, жұпжұмыр.*

**ТОҚПАҚТАЛ=** ет. **1.** *Тоқпақпен ұрылу, жаншылу.* **2.** ауыс. *Тоқпақ көру, таяқ жеу.*

**ТОҚПАҚТАЛУ** *Тоқпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚПАҚТАП-ТОҚПАҚТАП** ү с т . *Ұрып-ұрып, езгілеп-езгілеп.*

**ТОҚПАҚТАС=** е т. *Төбелесу, ұрысу, тоқпақ жұмсасу.*

**ТОҚПАҚТАСУ** *Тоқпақтас етістігінің қимыл атауы; тоқпақ жұмсасу, төбелесу.*

**ТОҚПАҚТАТ=** е т. *Ұрғызу, тоқпақ жұмсату.*

**ТОҚПАҚТАТУ** *Тоқпақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚПАҚТАУ** *Тоқпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚПАН: тоқпан жілік**. а) а н а т . <лат. humerus> *Жоғарғы жағынан жауырынмен, төменгі жағынан кәрі жіліікпен түйіскен қол жілік. ә)* э т н . *Соғым сойған үй шекеге қосып, қасапшылар мен көрші-көлемді соғымбасына шақырғанда асатын жілік.*

**ТОҚПЕЙІЛ** с ы н . с ө й л . ***Тоқмейіл.***

**ТОҚПЕЙІЛДІК** з а т . с ө й л . ***Тоқмейілдік.***

**ТОҚПЕЙІЛСУ** *Тоқпейілсі етістігінің қимыл атауы; тоқмейілсу.*

**ТОҚПЕЙІЛСІ=** е т. с ө й л . ***Тоқмейілсі.***

**ТОҚСАҚ** с ы н . *Кем-кетігі бар.*

**ТОҚСАН**[1] с а н . **1.** *Сексен тоғыздан кейінгі есептік сан.* **2.** *Адамның кәрілік жасы.* Сексеннен алған хабардың **3.** а у ы с . *Өте көп, мол.* **4.** а у ы с . *Сан алуан, сан қилы. .*

**Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні**. *Бар әңгіменің тоқтар жері, тоқетері, тұжырымы.* **Тоқсан баулы**. *Көп рулы, құрамалы.* **Тоқсан басты ақ орда.** *Жырларда кездесетін киіз үй атауы.* **Тоқсан баулы ақ көбе.** к ө н е . э т н . *Эпостық жырларда кездесетін батыр киетін сауыт.* **Тоқсанға шықты.** *Тоқсан жасқа келді.* **Тоқсан жолдың торабы**. *Көп жолдың түйіскен, тоғысқан жері.* **Тоқсанның торғынына оранды.** п о э т . *Жасы тоқсанға келді.* **Тоқсан қабат.** *бейн. Қалың, түнерген, сірескен, қап-қара.* **Тоқсан сөз.** *Көп сөз.* **Тоқсан тоғыз**. а) *Толып жатқан, сансыз көп.* ә) *Әлденеше, неше түрлі, әрқилы.* **Тоқсан толғанды**. *Көп ойланды.* **Тоқсан толғау.** *Неше түрлі, алуан-алуан.* **Тоқсан түрлі**. *Сан қилы, көп.*

**ТОҚСАН**[2] з а т . **1.** э т н . *Халықтық күнтізбе бойынша жылдың үш-үш айға бөлінген мезгілі.* **2.** *Шаруашылық жылының төрттен бір бөлігі.* **3.** п е д . *Оқу-ағарту жүйесіндегі оқу жылының төрттен бір ширегі.*

**ТОҚСАНДЫҚ** с ы н . **1.** *Шаруашылық жылының төртен бір бөлігіне тән, соған сай.* **2.** п е д . *Оқу-ағарту жылының бір ширегіндік, соған тән.*

**Тоқсандық жоспар.** *Әрбір үш айға (бір тоқсанға) арналып жасалатын жұмыс бағдарламасы.* **Тоқсандық қорытынды.** п е д . *Әрбір тоқсанның аяғында жасалатын оқушылардың оқу үлгерімінің нәтижесі, көрсеткіші.*

**ТОҚСАНЫНШЫ** с а н. *Сексен тоғыздан кейінгі реттік сан.*

**ТОҚСЫН=** е т. *Қанағат тұту, тоғаю.*

**ТОҚСЫНУ** *Тоқсын етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚСЫР=** е т. *Оттағы отынды шашыратпай ықшамдау, үйіп қалау, қағыстырып сыру.*

**ТОҚСЫРТ=** е т. *Оттағы отынды шашыратпай ықшамдату; жинақтап қалату, қағыстырып сырғызу.*

**ТОҚСЫРТУ** *Тоқсырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚСЫРУ** *Тоқсыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚСЫРЫЛ=** е т. *Жиналу, үйілу.*

**ТОҚСЫРЫЛУ** *Тоқсырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТА=** е т. **1.** *Кідіріп тұрып қалу; аялдау. // Болымсыз тұлғада өмірдің өткіншілігін, көзді-ашып жұмғанша өте шығатындығын білдіреді. // Болымсыз тұлғада ағыза жөнелді, заулады деген мағынаны білдіреді.* **2.** *Белгілі бір іс-әрекеттің аяқталып, әрі қарай жалғаспауы, тыйылуы. // Ақпай қалу, ағысын доғару.* **3.** *Бір жерден орын алу, сонда жайғасу; түсу.* **4.** *Орналасу, тұрақтау.* **5.** а у ы с . *Тұжырымды шешімге келу, үйғару.* **6.** а у ы с . *Таңдау.* **7.** а у ы с . *Бала көтеруден қалу.* **8.** а у ы с . *Айғырдан, бұқадан, күйектен шығып, күйлеуі басылу.*

**Тоқтаған бие.** а) *Биенің айғырдан шығып кетуі.* ә) *Биенің орта жастан асуы.* **Тоқтаған қой**. *Қошқарға тоқтап, қашып кеткен қойды және он екі жасқа келген қойдың қошқарға шағылысқанда қоздамайтындығы .* **Тоқтаған сиыр**. *Бұқадан қашып кеткен сиыр .*

**ТОҚТАЙ-ТОҚТАЙ** ү с т . *Тұра-тұра қалып, кідіріп.*

**ТОҚТАЛ=** е т. **1.** *Тұрып қалу, тежелу, аялдау.* **2.** *Тыйылу, үзілу, жалғаспау.* **3.** *Бір мәселеге арнайы назар аудару, тәптіштей айту.* **4.** а у ы с . *Кідіру, тежелу; күрмелу.* **5.** а у ы с . *Шабыты қайту.* **6.** а у ы с . *Аяқталу, біту.*

**ТОҚТАЛУ** *Тоқтал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аялдау, кідіру.* **2.** *Тежелу.* **3.** *Назар аудару, тәптіштей айту.*

**ТОҚТАЛЫС**[1] з а т . *Қозғалысы тыйылған кідіріс, үзіліс.*

**Тоқталыс тапты.** *Тоқтап қалды, кідірді, тежелді.*

**ТОҚТАЛЫС**[2]**=** е т. **1.** *Белгілі бір мәселеге арнайы назар аударысу, сөз етісу.* **2.** *Таңдау жасау.*

**ТОҚТАЛЫСУ** *Тоқталыс етістігінің қимыл атауы..*

**ТОҚТАМ** з а т . **1.** *Бір шешімге келген байлам.* **2.** *Қойылатын шек, тыйым.*

**Тоқтам айтты.** *Жұбатты, басу айтты.* **Тоқтамға келді.** *Бір шешімін шығарды, байлам жасады.*

**ТОҚТАМДЫ** с ы н . *Шешімді, байламды, тұжырымды.*

**ТОҚТАМДЫЛЫҚ** з а т . *Сабырлылық, шешімділік.*

**ТОҚТАМ-ТҰЛҒА** з а т . *Демеу, сүйеніш.*

**ТОҚТАП-ТОҚТАП** ү с т . *Аялдап, кідіріс жасап.*

**ТОҚТАР-ТОҚТАМАС** ү с т . *Әні-міне тоқтайын деп жатқанда.*

**ТОҚТАС=** е т. **1.** *Кідірісу, аял жасасу.* **2.** *Жасы келу, мосқал тарту.*

**Тоқтасып қалды.** *Жасы жетті, қартайды.*

**ТОҚТАСҚАН** с ы н . *Жасы жетіп, мосқал тартқан.*

**Тоқтасқан ат.** *Жас мөлшерінің он екі-он үшке келгені.*

**ТОҚТАСУ** *Тоқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТАТ=** е т. **1.** *Кідірту, аялдату.* **2.** *Доғарту, қойдыру, тыйылдыру.* **3.** а у ы с . *Райынан қайтару.* **4.** а у ы с . *Тойтарыс беру, бетін қайтару.*

**ТОҚТАТҚЫЗ=** е т. **1.** *Кідірту, аялдату.* **2.** *Үздіру, тежету, доғарту.*

**ТОҚТАТҚЫЗУ** *Тоқтатқыз етістігінің қимыл атауы; тежеткізу.*

**ТОҚТАТТЫР=** е т. **1.** *Кідіріс жасатқызу, аялдаттыру.* **2.** *Үздірту, әрі қарай жалғастырмау, доғарттыру.*

**ТОҚТАТТЫРУ** *Тоқтаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТАТТЫРЫЛ=** е т. *Іске қосылмай, кідіртілу.*

**ТОҚТАТТЫРЫЛУ** *Тоқтаттырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТАТУ** *Тоқтат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аялдату, кідірту.* **2.** *Белгілі бір істі әрі қарай жалғастырмай, тыю, тоқтау қою.*

**ТОҚТАТЫЛ=** е т. **1.** *Кідіртілу, доғартылу.* **2.** *Жалғастырылмау, тыйылу.* **3.** *Тойтарыс берілу, беті қайтарылу.*

**ТОҚТАТЫЛУ** *Тоқтатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТАТЫС=** е т. *Белгілі бір іс-әрекеттің жалғасуына кедергі келтірісу, тойтарыс берісу.*

**ТОҚТАТЫСУ** *Тоқтатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚТАУ**[1] з а т . *Іс-әрекеттің жалғаса түсуіне бөгет болатын кідіріс, тоқталыс.*

**Тоқтау айтты [салды, келтірді].** *Көңілін басты, ойын тыншытты, жұбатты, кеңес берді.* **Тоқтау жоқ.** а) *Кедергі, қиындық, бөгет жоқ.* ә) *Қанағатсыз, ашкөздігіне шектеу жоқ.* **Тоқтау қыл.** т і л е к . *Жақыны, туысы қайтыс болған адамға өлікті жоқтау кезінде көңіл айтып келушілердің «сабыр тілеп» айтатын басу сөзі.* **Тоқтау қылды [етті, берді].** *Сабыр қылды, өзін-өзі ұстады.*

**ТОҚТАУ**[2] *Тоқта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоқтап қалу, тежелу, тыйылу.* **2.** *Бір мәселеге арнайы назар аудару, ден қою.*

**ТОҚТАУЛЫ** с ы н . *Әр нәрсеге ақыл-парасатпен қарайтын, байыпты, салиқалы.*

**ТОҚТАУЛЫЛЫҚ** з а т . *Байыптылық, сабырлылық.*

**ТОҚТАУСЫЗ** ү с т . **1.** *Ешбір толастамай, кідіріссіз, іркілусіз, үздіксіз.* **2.** *Кедергісіз, кідірмей, дереу, тез.* **3.** *Ойланбастан, бірден-ақ.*

**ТОҚТАУЫЛ** з а т . с ө й л . ***Тосқауыл.***

**ТОҚТАШЫҚ** з а т . б о т . <лат. falcaria falcarioides> *Қарғатұяқтың бір түрі.*

**ТОҚТАШЫҚ** з а т . ж е р г . *Жабайы картоп.*

**ТОҚ-ТОҚ** е л і к . *Бір затты екінші бір затпен ұрғанда немесе мылтық атылғанда шығатын қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тоқ-тоқ етті.** *Тоқылдады.*

**ТОҚТЫ**[1] з а т . э т н . **1.** *Қойдың алты айдан асқан төлі.* **2.** *Сойылған тоқтының еті.*

**Тоқты қошқар**. э т н . *Күйекке енді түсе бастаған, алты айдан асқан еркек қой.* **Тоқты қысыр қалмайтын жер**. *Оты-суы мол, берекелі жер.*

**ТОҚТЫ**[2] з а т . а с т . <лат. aries> *Жұлдыздық аспанның Солтүстік жарты шарындағы зодиактік шоқжұлдыз.*

**ТОҚТЫБАЛАҚ** з а т . ө с. *Дуадақтың халық аузындағы атауы.*

**ТОҚТЫДАЙ** с ы н . *Тоқты сияқты.*

**ТОҚТЫҚ** з а т . **1.** *Ішіп-жеп, бүйірі шығып тойғандық.* **2.** *Ағыл-тегіл молшылық, баршылық, дүниенің көптігі.*

**Тоқтық тартты**. *Жас бала ернін тартып ойнады.*

**ТОҚТЫҚАШҚАН** з а т . э т н . *Ұрғашы қозының күйлігінен алты айында қошқарға шағылысып, бір жасында қоздағанын білдіреді.*

**ТОҚТЫЛЫ** с ы н . *Тоқтысы бар.*

**Тоқтылы қой.** *Сәуір, мамыр айларында төлдеп, қозысы алты (қыркүйекте) айға толған қой.*

**ТОҚТЫ-ТОРПАҚ** з а т . *Әлі жетіле қоймаған ұсақ малдың жиынтық атауы.*

**ТОҚТЫ-ТОРЫМ** з а т . *Әлі жетіле қоймаған қой тұқымы.*

**ТОҚТЫШАЙЫР** з а т . б о т . *Далалы жерлерде өсетін шөптердің бір түрі.*

**ТОҚТЫШАҚ** з а т . *Тоқты сөзінің кішірейтіліп айтылған түрі.*

**ТОҚУ** *Тоқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Иірілген жіпті түрлі әдіспен шалып торлау арқылы жейде, шұлық т.б. бұйым жасау.* **2.** *Сымнан, шиден т.б. ұзынша заттарды қиюластыру арқылы сал, қоршау т.б. жасау.* **3.** а у ы с . *Алған білімді, тәжірибені санаға құю, ұғып алу.*

**ТОҚУЛЫ** с ы н . *Тоқылған.*

**ТОҚУШЫ** з а т . *Тоқу ісімен шұғылданатын кісі.*

**ТОҚШЫЛЫҚ** з а т . *Қажетті дүниесі жеткілікті болу, молшылық, баршылық жағдай.*

**ТОҚЫ**[1]**=** е т. **1.** *Асты-үстін екі қатар орналасқан ерсі жіп пен қарсы жіптің арасына арқау жіпті көлденең түсіру арқылы тығыздап, айқастырып қосып, мата дайындау.* **2.** *Бір затты өзара шалып қосып, немесе айқастырып салып, тор көзді бұйым жасау.* **3.** *Түрлі-түсті боялған жіптен өрнек салу арқылы кілем, алаша т.б. үй бұйымдарын жасау.* **4.** а у ы с . *Жете түсініп, ұғып алу. // Есімше тұлғасында көпті көрген, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді.* **5.** а у ы с . *Ретін, ыңғайын табу.*

**Тоқып білген.** *Көңілге түйген, зерек.*

**ТОҚЫ**[2]**=** е т. *Көліктің беліне тоқым салу; ерттеу.*

**ТОҚЫЛ**[1] з а т . *Әлсін-әлсін тоқ-тоқ етіп шыққан дыбыс.*

**ТОҚЫЛ[2]=** ет. *Жіпті, қамыс, ши, сым т.б. өруге келетін жіңішке ұзын заттарды бір-біріне түрлі әдіспен айқастыра ілу арқылы тұтас бұйым (мата, киім, кілем т.б.) жасау.*

**ТОҚЫЛДА=** ет. **1.** *Дамыл-дамыл тоқ-тоқ еткен дыбыс шығу.* **2.** ауыс. *Қоқан-лоқы көрсету, тиіыру.*

**ТОҚЫЛДАҚ[1]** зат. *Түнгі күзетшілердің дыбыс беріп жүретін ағаш құралы.*

**Тоқылдақ тәубесі**. *Тиянақсыз ант, бос уәде, шығарып салма сөз.*

**ТОҚЫЛДАҚ[2]** зат. зоол. <лат. picidae> *Жемін ағаш қабығынан шұқып іздейтін, тұмсығы істік, сарғыш жолағы аралас шұбар түсті кішігірім орман құсы; тоқылдақтәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**Тоқылдақ тәрізділер.** зоол. <лат. piciformes> *Құстар отряды.*

**ТОҚЫЛДАҚ[3]** сын. *Тоқ-тоқ еткізгіш.*

**ТОҚЫЛДАҚ[4]** зат. бот. *Құртқашаштың соғдылық түрі; соғды құртқашашы.*

**ТОҚЫЛДАҚША** үст. *Тоқылдақ сияқты, тоқылдаққа ұқсап.*

**ТОҚЫЛДАТ=** ет. *Дамыл-дамыл тоқ-тоқ еткен дыбыс шығару, тоқ-тоқ еткізіп ұру.*

**ТОҚЫЛДАТУ** *Тоқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫЛДАУ** *Тоқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫЛУ** *Тоқыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫМ** зат. этн. *Аттың арқасына ер батпау үшін екі қабат киізден ыңғайлап пішіп, сыртын мата немесе былғарымен қаптап, кейде өрнектеп сырып, айнала шетін көмкеріп жасайтын ер-тұрман жабдығының бірі.*

**Тоқым тарту**. жерг. *Жетім құлынды өзге биеге телу.* **Тоқымы кеппес.** *Үздіксіз жортуылда болған, әккі.* **Тоқымы кеппес [кеппейтін] ұры.** *Кәнігі ұры, барымташы.* **Тоқымын бауырына алды**. *Бұлқан-талқан болды, шала бүлінді, тулады.* **Тоқымын кептірмеді [құрғатпады].** *Үздіксіз жортуылда болды.*

**ТОҚЫМА** сын. *Бізбен, шимен шалып тоқыған, тор көзді.*

**Тоқыма жіп.** қолөнер. *Тоқыма тоқуға арналған жіп.*

**ТОҚЫМАШЫ** зат. *Өндіріс жағдайында мата тоқу ісімен шұғылданатын шебер.*

**ТОҚЫМАШЫЛЫҚ** зат. *Мата тоқушылық ісі.*

**ТОҚЫМДА=** ет. *Ат арқасына тоқым салу.*

**ТОҚЫМДАЙ** сын. *Көлемі шағын ғана, кішкентай.*

**ТОҚЫМДАЙ-ТОҚЫМДАЙ** сын. *Азғантай, шағын, әр жерден бір.*

**ТОҚЫМДАТ=** ет. *Ат арқасына тоқым салдырту.*

**ТОҚЫМДАТУ** *Тоқымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫМДАУ** *Тоқымда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫМДЫҚ** зат. *Тоқымның төменгі жиегінің ішкі беті тиіп тұратын ат қабырғасының үсті.*

**Тоқымдығы бусанбады.** *Жаны қиналмады, қиындық көрмеді.*

**ТОҚЫМҚАҒАР** зат. этн. *Жол жүріп бара жатқан немесе жолда жүрген жолаушыға сәт сапар тілеп берілетін қонақасы, кәделі ырым.*

**Тоқымқағар жасады.** этн. *Жолаушы шыққан баласына сәт-сапар тілеп, үлкендердің батасын алу үшін қонақасы берді.*

**ТОҚЫМПАЗ** сын. *Ұғымпаз.*

**ТОҚЫМСІЛКІР** зат. жерг. ***Тоқымқағар.***

**ТОҚЫР** зат. *Көп нәрсенің дүрсілінен тоқылдаған дыбыс.*

**ТОҚЫРА=** ет. **1.** *Кідіріп, тоқтап тұрып қалу, бөгелу.* **2.** *Дағдару, асып-сасу.* **3.** *Бір құбылыстың ілгері жылжуы тыйылып, дамуы тоқтап қалу.* **4.** ауыс. *Тұйыққа тірелу, жабырқау, таусылу.*

**Тоқыраған түйе.** *Семіз түйелердің жүдей бастағаны.*

**ТОҚЫРАЙ=** ет. *Тап-тақыр болу.*

**ТОҚЫРАҢДА=** ет. *Тоңқаңдау, тоқыраң-тоқыраң ету.*

**ТОҚЫРАҢҚЫРА=** ет. *Кідіріңкіреу, бөгеліңкіреу.*

**ТОҚЫРАС=** ет. *Кідірісу, бөгелісу, тоқырап қалысу.*

**ТОҚЫРАСУ** *Тоқырас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫРАТ=** ет. **1.** *Белгілі бір жерге малды іріп жаю.* **2.** *Кідірту, бөгеу, тоқтату.*

**ТОҚЫРАТУ** *Тоқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫРАУ** *Тоқыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кідіру, бөгелу.* **2.** *Бір құбылыстың, істің, ілгері жылжымай, тоқтап тұрып қалуы.*

**Тоқырау кезеңі.** қоғ.-саяси. *Қоғамның дамусыз, ілгерілеусіз күйде тұруы.*

**ТОҚЫРАУЛЫ** сын. *Бөгеулі.*

**ТОҚЫРАУШЫЛЫҚ** зат. *Ілгері даму тыйылып, тоқтап тұрып қалушылық.*

**ТОҚЫРАУЫН** зат. бот. *Бидай сорты.*

**ТОҚЫРАЮ** *Тоқырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫРЛА=** ет. **1.** *Көп дүрсілдің бас-аяғы араласып, ретсіз тоқылдаған дыбыс шығу.* **2.** *Көп болып, үйіліп-төгілу, топ-топ болу.*

**ТОҚЫРЛАТ=** ет. **1.** *Тоқыр-тоқыр еткізу, тоқылдату.* **2.** *Көп етіп, үйіліп-төгілту, топ-топ ету.*

**ТОҚЫРЛАТУ** *Тоқырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫРЛАУ** *Тоқырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫТ=** ет. **1.** *Жіптен, сымнан т.б. ұзынша заттарды шалып торлау арқылы мата, кілем т.б. тұтас заттар жасату.* **2.** ауыс. *Жете түсіндіріп, ұқтыру.*

**ТОҚЫТТЫР=** ет. *Торлау, өру арқылы мата, киім (қолғап, кеудеше т.б.), кілем т.б. заттарды жасатқызу.*

**ТОҚЫТТЫРУ** *Тоқыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҚЫТУ** *Тоқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің ішi деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу.* **2.** *Аузы-мұрнына шығып, үйіліп-төгілу, көп, мол болу.* **3.** *Белгілі бір жасқа келіп, мерзімді уақытқа жету. // Болымсыз түлғада саны жетпейді, кем деген мағынаны білдіреді.* **4.** ауыс. *Ет алып толысу, семіру.* **5.** ауыс. *Өсіп-жетілу.* **6.** ауыс. *Қаптау, басу.*

**Толып жатыр.** *Өте көп деген мағынада.*

**ТОЛА** үст. *Өте көп, мол.*

**ТОЛАҒАЙ[1]** зат. *Толассыз соққан жел аты.*

**ТОЛАҒАЙ[2]** сын. көне. *Түгі жоқ, тап-тақыр, жалаңаш.*

**Толағай бас.** *Тақыр бас.*

**ТОЛАҒАЙ[3]** сын. 1. *Алып, зор* 2. жерг. *Жалғыз, жеке, денелі*

**ТОЛАЙЫМ** үст. **1.** *Түгел дерлік, тегіс.* **2.** жерг. *Үнемі, ылғи.* **3.** *Лайықты, мол, толымды.*

**ТОЛАРСАҚ** зат. *Асық жіліктің тобықпен түйіскен жеріндегі шодырайған қисық сүйек.*

**Толарсақ басын қайнату**. этн. *Ауру малды емдеу тәсілдерінің бірі.* **Толарсаққа мұз қатты.** *Ел басына қиын-қыстау күн туды, үлкен соғыс, қырғын ұрыс болды.* **Толарсақтан су [қан, саз] кешті.** *Қиыншылық кезді басынан кешірді, ауыр жағдайға төзді.*

**ТОЛАРСАҚТА=** ет. *Суға, батпаққа т.б. толарсаққа дейін бату.*

**ТОЛАРСАҚТАТ=** ет. *Аяқты суға, батпаққа т.б. толарсаққа дейін батыру.*

**ТОЛАРСАҚТАТУ** *Толарсақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛАРСАҚТАУ** *Толарсақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛАР-ТОЛМАС** үст. **1.** *Толуға сәл-ақ қалғанда.* **2.** *Белгілі бір жасқа келер-келмес.* **3.** *Белгілі бір уақытқа жетер-жетпес.*

**ТОЛАС** зат. *Сәл тыныс тапқан саябыр шақ, тыным.*

**Толас тапты**. *Тыным тапты, саябырлады.* **Толас таппады.** *Бәсеңсімеді, толастамады*

**ТОЛАССЫЗ** сын. *Ешбір саябыр жоқ, тоқтаусыз, тынымсыз.*

**Толассыз жаттығу.** спорт. *Жаттығуды өткізуде әрбір спортшының бір қимыл-қозғалыстың әрқайсысын белгілі сан ретімен қайталап үздіксіз орындауы.* **Толассыз селдей ағылу**. поэт. *Ығыжығы, үйіліп-төгілген.*

**ТОЛАСТА=** ет. *Саябырлап тыным табу, тоқтау, тыну.*

**ТОЛАСТАН=** ет. *Саябырсу, тыну.*

**ТОЛАСТАНУ** *Толастан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛАСТАТ=** ет. **1.** *Тоқтату, саябырсыту.* **2.** ауыс. *Жеңілдету.*

**ТОЛАСТАТУ** *Толастат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛАСТАУ** *Толаста етістігінің қимыл атауы; тоқтау, тыну, саябырсу.*

**ТОЛАС-ТЫНЫС** зат. *Бір нәрсенің көрінісі, бейнесі.*

**ТОЛАУ** зат. вет. жерг. *Жылқыда болатын ауру.*

**ТОЛБУТАМИД** зат. фарм. *Артозинмен тектес дәрінің түрі.*

**ТОЛҒА=** ет. **1.** *Бұрай қозғап, үйіре айналдыру, шиыру.* **2.** ауыс. *Жұтып жіберу, қылғыта жұту.* **3.** ауыс. *Бір нәрсе жайында жан-жақты терең ойлау.* **4.** ауыс. *Мақамға қосып, жыр ғып шерту.* **5.** *Толғандыру.*

**ТОЛҒАҚ** зат. **1.** *Адам мен жан-жануарлардың туу алдындағы іші қатты бүріп, құрсақ, арқа еттері жиырылып ширап, қинайтын физиологиялық жағдай.* **2.** ауыс. *Қатты ойландырған сезім күйі, толғаныс.*

**Толғағы жетті.** а) *Екіқабат әйелдің айы-күні толды, босанар уақыты болды.* ә) *Уақыты, шамасы болды; сәті, орайы келді, дер кезі келді, кемеліне жетті [Кейде «бұл мәселенің иі жеткен», «бұл мәселенің толғағы жеткен» деп те қатар қолданыла береді].* **Толғағы пісті.** *Туатын, босанатын уақыты болды.* **Толғақ ауруы**. *Төлдеу алдындағы толғату.* **Толғаққа айналды.** *Оқтын-оқтын көрінетін күрмеуі қиын мәселеге ұласты.* **Толғақ қысты.** *Толғағы жиіледі, босанатын уақыты таяды.* **Толғақты жиілету.** *Босанатын әйел толғағының арасын алшақтатпау, жеңіл босануға жағдай жасау.*

**ТОЛҒАҚТАЙ** сын. *Толғақ тәрізді ащы, толғаққа ұқсайтын.*

**ТОЛҒАҚТЫ** сын. *Ойландырып, толғантатын.*

**ТОЛҒАҚШӨП** зат. өс. <лат. centaurium> *Сабағы тік, төрт қырлы, жоғарғы жағы бұтақты, жапырақтары жұмыртқа пішіндес, ұштары доғал, қарама-қарсы орналасқан, биіктігі 15–30 см-дей екі жылдық дәрілік өсімдік.*

**ТОЛҒАМ** зат. **1.** *Қисынымен топшылап, жан-жақты пайымдау қабілеті.* **2.** *Ой, пікір.*

**ТОЛҒАМАЛЫ** сын. *Қарудың сабы ұстап соғуға ыңғайлы болу үшін оның сабына былғары, қайыс оралған немесе кертіп жасалған.*

**ТОЛҒАМДЫ** сын. *Толғаныска толы, толғантатын.*

**Толғамды тотығу.** кен. *Сұйық құйманың кез келген құрамбөлігін реттеп тотықтыру.*

**ТОЛҒАМДЫЛЫҚ** зат. *Толғап, саралай алатын ерекше қабілет, қасиет.*

**ТОЛҒАМПАЗ** сын. *Ойлап толғай алатын, қабілетті.*

**ТОЛҒАН=** ет. **1.** *Бір нәрсе жайында терең ойланып, кеңінен қиялдау.* **2.** *Кіжіну, ызалану.* **3.** *Аңсау, сағыну.* **4.** *Мазасыздану, уайымдау.* **5.** *Бар күшін салу.* **6.** ауыс. *Керілу, кербездену.*

**ТОЛҒАН** сын. сөйл. *Толып тұрған, тола, толы.*

**Толған ай.** *Айдың он төрт күн өтіп, он бесінші күні толысып, дөп-дөңгелек болып көрінген шақ.* **Толған айдай.** *Толықсыған, сұлу.* **Толған айдай балқыды**. *Толықсып құлпырды.***Толған бие.** *Қызылы молайып, бойына ет алып, қоңданып, семіздігі артқан бие.* **Толған бота.** *Сауылып жүрген інгеннің жақсы еттеніп, семірген ботасы.* **Толған лақ.** *Енесінің алғашқы ащы уызынан бастап сауылғанға дейін емін-еркін еміп, семіріп өскен лақ.* **Толған тұлыптай.** *Күжірейген, доңкиген кісі.*

**ТОЛҒАНҒЫШ** сын. *Көп толғанатын, ойға берілгіш, сезімтал, нәзік жанды.*

**ТОЛҒАНДЫР=** ет. **1.** *Толғанту, тебіренту, ой салдыру.* **2.** *Жанын қинау, жанына бату.* **3.** *Алаңдату, мазалау.*

**ТОЛҒАНДЫРАРЛЫҚ** сын. *Селт еткізетін, таңдандырарлық.*

**ТОЛҒАНДЫРТ=** ет. *Ой салдырту.*

**ТОЛҒАНДЫРТУ** *Толғандырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҒАНДЫРУ** *Толғандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҒАНТ**= ет. **1.** *Толғандыру, тебіренту, ой салдыру.* **2.** *Алаңдату, мазасыздандыру.*

**ТОЛҒАНТУ** *Толғант етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойландыру.* **2.** *Мазасыздандыру, тынышын алу.*

**ТОЛҒАНУ** *Толған етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көп ойлану, ойсоқты болу.***2.** *Ойлап-пішу.*

**ТОЛҒАНУШЫЛЫҚ** зат. *Толқу, мазасыздық, торығушылық.*

**ТОЛҒАНЫМ** зат. *Толғаныс.*

**ТОЛҒАНЫМДЫ** сын. *Толғанысқа толы, әсерлі, адамды толғандыратындай.*

**ТОЛҒАНЫС** зат. *Адамның терең ойға шомған қалып-күйі, тебіреніс.*

**ТОЛҒАНЫС-ТЕБІРЕНІС** зат. *Ой-сезім, ішкі сезім көріністері.*

**ТОЛҒАНЫС-ТЕРБЕЛІС** зат. *Таусылмайтын ой-сезім, арман-қиял.*

**ТОЛҒАНЫСТЫ** сын. *Жан-жақты, кең ауқымды, мәні зор.*

**ТОЛҒАП-ТОЛҒАП** үст. сөйл. **1.** *Ойланып-толғанып.* **2.** *Ышқынып, бебеулеп, күшейе түсіп.* **3.** *Дарылдатып, даусын қатты-қатты шығарып.* **4.** *Шайқап-шайқап, пісіп-пісіп.*

**ТОЛҒАС¹=** ет. **1.** *Ырғасу, тәжікелесу.* **2.** ауыс. *Сыр ашып түсінісу.*

**ТОЛҒАС²=** ет. поэт. *Ауыз салысу, шайнасу, таласу.*

**ТОЛҒАСУ** *Толғас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақылдасу, ойласу.* **2.** *Бөлісу, сырласу.*

**ТОЛҒАТ=** ет. **1.** *Босанар алдында белдің сырқырап, іштің қатты бүріп ауыруы.* **2.** ауыс. *Ойланып-толғану, мазасыз күй кешу.* **3.** ауыс. *Баяулау, созылу.* **4.** ауыс. *Бұзылу, алай-дүлей болу.*

**ТОЛҒАТА-ТОЛҒАТА** үст. *Ойланып-толғанып; қиналып, әуреге түсіп.*

**ТОЛҒАТУ** *Толғат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Толғақ қысу.* **2.** ауыс. *Ойланып-толғану.*

**ТОЛҒАТЫЛ=** ет. *Жан-жүрегі елжіреу, жүрек сыры ақтарылу.*

**ТОЛҒАУ¹** зат. фольк. **1.** *Халықтың ауызша поэзиясында кең таралған қоғамдық-саяси лириканың бір түрі, белгілі бір оқиғаға немесе біреуге арнап өлеңмен төгілтіп жазылған жыр.* **2.** *Толқу; толқу сезімі.* **3.** *Арман-тілек.* **4.** *Пікір, ақыл, кеңес.*

**ТОЛҒАУ²** *Толға етістігінің қимыл атауы; ойласып-кеңесу, ақылдасу.*

**Толғау салды.** *Қатты тебірентті, ойға салды; сезімін оятты.* **Толғау толғады.** *Жыр шертті.* **Толғау түсті**. *Ойға батты.* **Толғауы тоқсан қызыл тіл [күй].** *Тілдің таңғажайып құдіреті, оралымдылығы, икемділігі.*

**ТОЛҒАУДАЙ** сын. *Жыр тәрізді, толғау сияқты.*

**ТОЛҒАУЛЫ** сын. **1.** *Бейнелі.* **2.** *Көкейкесті, өзекті.* **3.** *Буырқанған, шарқ ұрған.*

**Толғаулы найза.** *Толғамалы найза.*

**ТОЛҒАУСЫЗ** үст. **1.** *Таңдамай, түк қалдырмай.* **2.** *Талдау, сараптау жасамай.*

**ТОЛҒАУШЫ** зат. *Ақын-жыршы.*

**ТОЛҒАУШЫЛЫҚ** зат. *Толғану, толқу.*

**ТОЛҒЫ=** ет. көне. *Қамығу, күйзелу.*

**ТОЛҒЫЗ=** ет. *Толтыру.*

**ТОЛҒЫЗУ** *Толғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЕРАНТТЫҚ** [лат. tolerantia] зат. *Қайсыбір жағымсыз түрткіжайттарға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсерінен сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі.*

**ТОЛҚУ¹** зат. **1.** *Әділетсіз іске қарсы білдірілген жаппай наразылық.* **2.** су шар. *Су бетінің тербелмелі қозғалысы, жал-жал толқын.*

**Толқу шкаласы.** *Теңіз және мұхит айдындары бетінің жел әсерімен толқу мөлшерін жай көзбен анықтау тәсілдерінің жиынтығы.*

**ТОЛҚУ²** *Толқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзгеру.* **2.** *Күдіктену.* **3.** *Сағыну.* **4.** *Ішкі сезім.* **5.** *Қобалжу, екіұдай болу.* **6.** *Абдырау, не істерін білмеу.* **7.** *Толқындану, бұйралану.*

**ТОЛҚУЛЫ** сын. **1.** *Ашу-ызалы.* **2.** *Қобалжулы.*

**ТОЛҚУСЫЗ** үст. *Торықпай, уайымдамай, нық сеніммен.*

**ТОЛҚУ-ТОЛҒАНЫС** зат. *Ішкі сезім күйі.*

**ТОЛҚЫ=** ет. **1.** *Желдің әсерінен су, егіс, шөп т.б. үсті бұйраттанып, шайқалып, ырғала тербелу.* **2.** ауыс. *Мазасы кетіп, көңілі қобалжу, абыржу.* **3.** *Елжіреу, барынша көңіл қою.* **4.** ауыс. *Жүрегі қатты соғу, атқақтау, тулау.* **5.** ауыс. *Батыл шешім шығара алмай, тайсалақтау, айну.*

**Толқып отырды.** жерг. *Толып, иін тіресе отырды.*

**ТОЛҚЫҒЫШ** сын. *Жаны нәзік, әсершіл, сезімтал.*

**ТОЛҚЫМА¹** сын. **1.** *Құбылып тұратын, айнымалы.* **2.** *Толқи, тербеле соққан, жаңға жайлы.*

**ТОЛҚЫМА²** зат. жерг. *Көксоқта, қардың көксоқта болып еруі.*

**ТОЛҚЫМАЛЫ** сын. **1.** *Ауытқып кететін, аумалы-төкпелі, айнымалы.* **2.** *Теңселіп тербелген, ырғақты.*

**Толқымалы валюта бағамы.** экон. *Сұраным мен ұсынымның әсерімен өзгеріп отыратын, нарықтық тетікті пайдалануға негізделген валюта бағамы; қазіргі дүниежүзілік валюта жүйесінің құрылымдық қағидаттарының бірі.*

**ТОЛҚЫН** зат. **1.** *Су бетінің ырғалысынан пайда болатын жал-жал күшті шайқалыс; ілгері-кейінді қозғалыс.* **2.** физ. *Физикалық ортадағы ауа тербелісінің қозғалысы.* **3.** *Бір нәрсенің ауқымы кеңейіп, шарпуының бірден-бірге үдей түсуі.* **4.** ауыс. *Дәуір, кезең, замана.* **5.** ауыс. *Сезім, жүрек сыры.* **6.** ауыс. *Ұрпақ, буын.*

**Толқын басылды.** *Алабұртқан сезім бәсеңсіді.* **Толқынға бой бермеді.** *Дес бермеді, қарсы тұрды.* **Толқынға кірді.** *Суға қойып кетті.* **Толқындар мен шақырулар кестесі.** әск. *Радиостанцияларға арналған толқындар (жиіліктер) мен шақырулар тізімі.* **Толқынды ағыс.** су шар. *Желдің әсерінен туындайтын, толқындардың ықпал етуімен су бөлшектерінің қозғалысы.* **Толқынның әсер ету тереңдігі.** су шар. *Толқындардың тасындыларды қозғалтатын әрекеті жететін теңіздің немесе ірі көлдің ең көп тереңдігі.* **Толқын көпіршігі.** су шар. *Толқындардың төңкеріліп түсіп ақкөбік түзетін айдары (жалы).* **Толқын ойнады**. *Су беті толқындanды.* **Толқын өткізгіш.** физ. *Бойымен толқын таралатын нақты шекарасы бар канал.* **Толқын ұзындығы.** физ. *Тербеліс фазалары бірдей (не фазалары тұрақты) толқынның ең жақын екі нүктесі арасындағы қашықтық.* **Толқын ұрды.** *Құбылып-құлпырып сүйкімді көрінеді деген мағынада.* **Толқын шаш.** поэт. *Бұйра шаш.* **Толқын шашты.** *Бұйра шашты.* **Толқын ырғыма.** су шар. *Буырқанған ағынның баяу ағынмен беттесуінің түрі.* **Толқын қуған қайықтай ықты.** *Біреулердің, бір нәрсенің әсерінен қалыпты жүрісімен, жолымен жүре алмады.* **Толқындардың когерентті көздері.** физ. *Уақыт бойынша тұрақты фаза айырымымен және бірдей жиілікпен тербелетін толқындар көзі.*

**ТОЛҚЫН=** ет. сөйл. *Тебірену, толқу.*

**ТОЛҚЫНДА=** ет. **1.** *Су (егіс, шөп) үсті шайқалып, жал-жал боп ырғалу.* **2.** ауыс. *Неше құбылып толқу.*

**ТОЛҚЫНДАЙ** сын. *Толқын тәрізді.*

**ТОЛҚЫНДАЙЫН** үст. сөйл. *Толқын сияқты.*

**ТОЛҚЫНДАЛ=** ет. **1.** *Тербелу, ырғалу.* **2.** *Шұбатылу.*

**ТОЛҚЫНДАЛУ** *Толқындал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҚЫНДАН=** ет. **1.** *Шайқалу, тербетілу, толқу.* **2.** *Бұйралану.* **3.** ауыс. *Әлем-тапырықтану, өңі құбылу.*

**ТОЛҚЫНДАНАРЛЫҚ** сын. *Нәзік сезімді, сезімтал.*

**ТОЛҚЫНДАНДЫР=** ет. **1.** *Бұйраландыру.* **2.** ауыс. *Асқақтату, құбылту, екпіндету.*

**ТОЛҚЫНДАНУ** *Толқындан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Буырқандыру, тербелту.* **2.** *Дірілдету, ырғалту.* **3.** ауыс. *Алаңдату, бейжай ету.* **4.** *Төгілту.*

**ТОЛҚЫНДАТУ** *Толқындат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҚЫНДАУ** *Толқында етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛҚЫНДЫ** сын. **1.** *Толқын атқан, толқынданған.* **2.** *Ырғақты, екпінді.*

**ТОЛҚЫНДЫҚ** зат. физ. *Толқынға тән, толқынға қатысты.*

**Толқындық әдіс.** инф. <ағыл. fiooding method> *Әрбір десте көшірмеленетін және оның көшірмесі барлық мүмкін болатын бағытқа жөнелтілетін есептеу желілерінде дестелерді жеткізу әдісі.* **Толқындық импульс.** физ. *Кеңістікте не белгілі бір ортада бір рет таралатын ұйытқу.*

**ТОЛҚЫНДЫР=** ет. **1.** *Шулату, азан-қазан қылу.* **2.** *Ойландыру, толғандыру.*

**ТОҚЫНӨЛШЕУІШ** зат. су шар. *Ағаштан немесе металл (көбінесе металл құбырдан) жасалған 10 см-лік бөлшектерге бөлініп, ақ және қызыл түс алмастырылып сырланған сырық (қада) [Бұл тереңдігі 3–5 м болатын су қойманың табанына тікелей орналастырылады немесе өте терең болса, қалтқы түріндегі зәкірге орналастырылады].*

**ТОЛҚЫНСЫЗ** сын. *Толқын тұрмайтын, толқыны жоқ.*

**ТОЛҚЫН-ТОЛҚЫН** сын. **1.** *Асау тайдай тулаған.* **2.** *Үзік-үзік, болар-болмас.*

**ТОЛҚЫНТ=** ет. *Толғанту, толқыту.*

**ТОЛҚЫНТУ** *Толқынт етістігінің қимыл атауы; құбылту, құйқылжыту.*

**ТОЛҚЫНУ** *Толқын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Буырқана толқу, шайқалу.* **2.** ауыс. *Көшу, ауу, ығысу.***3.** ауыс. *Толқу, толғану.*

**ТОЛҚЫН-ЫРҒАҚ** зат. *Толқын, сағым.*

**ТОЛҚЫНЫС** зат. *Іштей қобалжыған тебіреніс, толқу.*

**ТОЛҚЫҢҚЫРА=** ет. *Қобалжыңқырау.*

**ТОЛҚЫП-ТАСЫП** үст. *Арнасынан асып-төгіліп.*

**ТОЛҚЫП-ТОЛҚЫП** үст. *Қалықтап, қалықтай түсіп, әуелеп барып.*

**ТОЛҚЫП-ШАЙҚАЛ=** ет. *Толқу; толғану; алабұрту.*

**ТОЛҚЫС=** ет. **1.** *Салғыласу, айтысып-тартысу, жағаласу.* **2.** *Иін тіресу.*

**ТОЛҚЫСЫН=** ет. *Толықсу.*

**ТОЛҚЫТ=** ет. **1.** *Астаң-кестең ету.* **2.** ауыс. *Алаңдату, еліктіру, қызықтыру.* **3.** ауыс. *Шалқыту, шаттандыру.* **4.** ауыс. *Толғандыру.* **5.** ауыс. *Жаңғырту.*

**ТОЛҚЫТУ** *Толқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЛИНГ** [ағыл. tolling] зат. экон. *Ел аумағындағы фирмалардың импорттық өңделме шикізатты өңдеуі жөніндегі жұмысына қатысты жекелеген мәмілелері.*

**ТОЛТЫР=** ет. **1.** *Сыйғанынша салу, құю.* **2.** *Мол етіп үйдіру.* **3.** *Толық жайылу, шұпілдету.* **4.** *Ауызға мол етіп асау, тығындау.* **5.** кіт. *Іс қағаздарының мәліметтер толтырылатын бос жерлерін түгел жазып шығу.*

**ТОЛТЫРА-ТОЛТЫРА** үст. **1.** *Аузы-мұрнына келтіріп.* **2.** *Аузын толтырып.*

**ТОЛТЫРҒЫШ** сын. *Бос кеңістікті толтыратын.*

**ТОЛТЫРҒЫШТАР** зат. хим. *Пластмассалардың, резеңкелердің, лак-бояу материалдарының сипаттамаларын жақсарту үшін және арнайы қасиеттер беріп, құнын төмендету үшін енгізілетін қатты, сұйық немесе газ күйіндегі ұсақтағыш материалдар.*

**ТОЛТЫРМА** зат. тамақ. *Балықтың жон етінен даярланатын тамақтың бір түрі.*

**ТОЛТЫРМАЛА=** ет. *Толтыру, қайта-қайта толтыру.*

**Толтырмалап көлбеу қабаттармен қазу жүйесі**. кен. *Блок немесе қабырғадағы көлбеу қабаттарды бұрғылап үңгілау мен қопару.*

**ТОЛТЫРМАЛАУ** *Толтырмала етістігінің қимыл атауы.*

**Толтырмалау құбыры**. кен. *Кені алынған кеңістікті толтыратын материалдарды тасымалдауға арналған өткізгіш құбыр.* **Толтырмалау мәшинесі.** кен. *Пайдалы қазылымдарды алу нәтижесінде пайда болған кеңістікті толтырмалау материалдарымен толтыру үшін арнайы қолданылатын машина.*

**ТОЛТЫРТ=** ет. **1.** *Толтыра құйдыру.* **2.** *Сықап, нығыздап салдырту.* **3.** *Орнына келтірту.* **4.** *Жаптырту, үйгіздіру, көмдіру.*

**ТОЛТЫРТҚЫЗ=** ет. *Толтырттыру.*

**ТОЛТЫРТҚЫЗУ** *Толтыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛТЫРТТЫР=** ет. *Толтыртқызу, толтыра құйдырту.*

**ТОЛТЫРТУ** *Толтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛТЫРУ** *Толтыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ыдысқа бір нәрсені шұпілдете құю, сықап салу.* **2.** *Түгел қамту, тұтас ескеру.* **3.** *Мұқтажын толық өтеу.* **4.** инф. <ағыл. padding> *Толтырғыш көмегімен мәліметтерді толықтыру әдісі; мәліметтер блогына мәнсіз ақпаратты жазу тәсілі; торaптағы мәліметтер алмасуының жылдамдығын реттеу үшін хабарламаға екілік разрядтар немесе белгілер енгізу.* **5.** экон. *Молынан қамтамасыз ету.* **6.** *Орнын басу, алмастыру.* **7.** *Үйіп тастау.*

**Толтыру атрибуттары.** инф. <ағыл. fill attributes> *Кескіннің элементімен байланысты және кескінді бейнелеу кезінде арнайы бағдарлама пайдаланатын толтырудың түсі және/немесе басқа ақпарат.* **Толтыру коэффициенті.** кен. *Экскаватор шөміші, вагон не басқа қандай да бір ыдыс көлемінің қопсытылған материалмен толтырылу дәрежесі.*

**ТОЛТЫРУЛЫ** сын. *Толтырылған, толтыра құйылған.*

**ТОЛТЫРУШЫ** зат. *Толық қамтушы.*

**Толтырушы керіш.** геол. *Кеуектік керіштің түрі [Онда бастапқы керіш шала не түгел шайылып, орнына жаңа керіш пайда болады].*

**ТОЛТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Лықылдата, шұпілдете құйылу.* **2.** *Толық жазылу.* **3.** *Салыну, қапталу.*

**Толтырылған атырау.** сушар. *Ертеректе ашық теңізден қайранмен немесе бөгетпен бөлінген шығанаққа құйған өзеннің көлтабанға айналған атырауы.*

**ТОЛТЫРЫЛУ** *Толтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛТЫРЫМДА: толтырымдап жазық қабаттармен қазу жүйесі.** кен. *Блок немесе камера қорын алу төменнен жоғары қарай, қалыңдығы 2–3 м жазық қабаттармен жүргізілетін қазу жұмыстары.*

**ТОЛТЫРЫМДЫҚ** сын. *Толтыратын, толтыруға арналған.*

**Толтырымдық кешен.** кен. *Кені алынған кеңістікті толтырымдауға арналған жерүсті және жерастындағы имараттар, механизмдер мен жабдықтар кешені.* **Толтырымдық құбыржол.** кен. *Толтырымдық материалды тасымалдауға арналған құбыржол.* **Толтырымдық массив.** кен. *Пайдалы қазылымдарды кен орындарын толтырмалап қазып алу кезінде кені алынған кеңістікке жайғастырылған толтырымдық материал массиві.* **Толтырымдық массивтің орнықтылығы.** кен. *Кені алынған кеңістікке толтырмаланған, оны толтырған массивтің орнықтылық тепе-теңдікті сақтау қабілеті.* **Толтырымдық массивтің тығыздығы.** кен. *Толтырымдық массив көлемінің бір өлшеміндегі толтырымдық материалдың массасы (кг/м$^3$).* **Толтырымдық массивтің шөгуі.** кен. *Таужыныс қысымы мен өз массасының әсерінен толтырым массивінің тығыздалып, оның көлемінің кішіреюі.* **Толтырымдық материал.** кен. *Кені алынған кеңістікті толтыруға арналған материал [Ол екі топқа бөлінеді: 1) арнаулы карьерлерде өндірілетін таужыныстар (құм, қиыршық тас, уатылған түпкі таужыныстар, әктас, ерітінділер және т.б.). 2) өндіріс қалдықтары есебіндегі материалдар, пайдалы қазылымды қазып алу кезіндегі бос таужыныстар, пайдалы қазылымдарды байыту кезінде алынған таужыныстар, металлургия зауыттарының қождары, күлдер және т.б.].* **Толтырымдық оқпан.** кен. *Толтырымдық материалды түсіруге арналған, жер бетіне шығатын тік не көлбеу қазба.* **Толтырымдық шикіқұрам.** кен. *Кесектерінің ірілігі бойынша белгілі бір шамалық арақатынаста құралған әртүрлі толтырымдық материалдар қоспасы.*

**ТОЛТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Толтыруға жақындату.*

**ТОЛТЫРЫС=** ет. **1.** *Кемістікті толық жойысу, орнына келтірісу.* **2.** *Толтыра салысу, құйысу.*

**ТОЛТЫРЫСУ** *Толтырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛУ** *Тол етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ыдыстың бос жері қалмай шұпілдеу, лықылдау.* **2.** *Көп болып жосылу, молаю.* **3.** *Жету, жетілу, өсу.* **4.** *Семіру, ет алу.* **5.** *Белгілі бір жастан асу.*

**Толу коэффициенті.** кен. а) *Сусымалы материалдарды тиеу кезінде экскаватор шөмішінің, вагонның және басқа да ыдыстар көлемінің толу дәрежесі.* ә) *Шанақтардың, зумпфтардың және басқа ыдыстардың толу көрсеткіші.* **Толу тарамы.** сушар. *Маусымдық реттеудің жоғарғы іркіліске қарсы сызығының толу тармағы су тапшы болған жыл соңында бөген сыйымдығының толуын қамтамасыз етуін сипаттайтын сызба.*

**ТОЛУЛЫ** сын. сөйл. *Толы, толық.*

**ТОЛУОЛ** [исп. tolu] зат. хим. *Ароматты көмірсутек [Авиация және автомобиль бензиндерінің құраушысы ретінде бензол, бензол қышқылы өндірісінде, еріткіш ретінде қолданылады].*

**ТОЛЫ** сын. **1.** *Ішіндегі нәрсесі кемеріне дейін жеткен, лықылдап тұрған, сықап салынған.* **2.** *Қыруар, мол.* **3.** *Малынған.*

**Толыны төгіп, ортаны шайқады.** жерг. *Байлықты қалай болса, солай төгіп-шашты.* **Толыны шайқап төккен.** *Бүліншілік салған, ырысты кетірген.*

**ТОЛЫҒУ** *Толық етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚ**[1] үст. *Түгелдей дерлік, бүтіндей, тұтас.*

**Толық айналу уақыты.** астр. *Ғаламшардың басқа ғаламшарды айналып шығуға кететін уақыт мөлшері.* **Толық арнайы өңдеу.** әск. *Жеке құрамды санитарлық өңдеу, қару-жарақты, әскери техниканы, көліктерді, әскери киімдерді, жабдық-тұрмандарды және қорғаныс құралдарын дезактивизациялау, газсыздандыру және дезинфекциялау.* **Толық бағалы бейнеэффект.** инф. <ағыл. full-motion video> *Кинофильмге ұқсас мультимедиялық қойылым.* **Толық дезактивация.** әск. *Зақымданған қару-жарақты, ұрыс техникасы мен өзге де объектілерді радиоактивтік заттардан тазарту.* **Толық емес ақпарат.** инф. <ағыл. incomlete information> *Қойылған сұраққа жете жауап алуға жеткіліксіз ақпарат.* **Толық жинақ.** әск. *Танкілерге, зеңбіректерге берілетін қосалқы бөлшектердің, құралдардың және мүліктің кейбір түрлерінің жиынтығы.* **Толық қайта барлау.** әск. *Қарсылас туралы бар деректі тексеру, сонымен қатар неғұрлым толық және анық мәліметтер алу.* **Толық қолдан жасау**. заң. *Құжаттарды техникалық-криминалистік зерттеуде қылмыскердің құжатты тұтастай қолдан жасауы.* **Толық қорық**. экол. *Дәстүрлі шаруашылыққа пайдаланудан шығарылған және табиғи қалпында сақтау мен ғылыми зерттеуге арналған заңмен қорғалатын аумақ.* **Толық құқықты.** заң. *Заңды, заңмен бекітілген.* **Толық пікір.** пед. *Жан-жақты талдау, бағалау.* **Толық санитарлық өңдеу.** әск. *Арнайы тазалау пункттерінде, моншада, санитарлық-өткізгіштік немесе залалданбаған су қоймаларында адам үстіндегі радиоактивтік, улағыш заттар мен бактериялық құралдарды арнайы ұнтақпен жуып, киімді міндетті түрде ауыстыру.* **Толық серіктестік**. экол. *Шаруашылықтың серіктестік түрі* [*Оның қатысушылары серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болады*]. **Толық су.** сушар. *Ай мен Күннің тартылыс күштерінің әсерінен пайда болатын лықсу кезіндегі теңіздің ең жоғары деңгейі.* **Толық су алмасу уақыты.** геол. *Артезиан алабының қалыптасу барысында таужыныстардағы жерасты суларының толық алмасатын уақыт аралығы.* **Толық тұтылу.** астр. *Күннің немесе Айдың толығымен көрінбей қалу құбылысы.* **Толық түлеу.** *Құс қауырсындарының түгел түсіп, қайта шығуы.* **Толық тыныштық белдемі.** экол. *Қорық және ұлттық саябақ ішіндегі аумақ [Мұнда табиғи процестерге, адамның араласуына, соның ішінде, қандай мақсатпен болса да адамның уақытша болуына тыйым салынады].* **Толық үйлесушілік.** мат. *Толығымен сәйкес келушілік.* **Толық ішкі шағылу.** физ. *Оптикалық сәуленің (жарық) немесе басқа диапазондағы электрмагниттік сәуленің (мысалы, радиотолқын) екі мөлдір ортаның шекаралық қабатына түсуі кезінде сыну көрсеткіші көп ортаға қарай шағылуы.* **Толық емес жұмыс.** *Қысқартылған жұмыс уақытында атқарылатын жұмыс.* **Толық дәлел.** *Толық айғақ.* **Толық серіктестік.** экон. *Азаматтық низам бойынша өзара жасасқан келісімшартқа сәйкес оның қатысушылары (толық серіктестіктері) серіктестік атынан кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысып, өздеріне тиесілі мүліктері мен оның міндеттемелері бойынша жауапкершілік арқалайтын серіктестік.* **Толық шығару.** инф. <ағыл. fully reasoning> *Грамматиканы тудырған аксиомадан сөйлемді шығару.* **Толық ылғал сыйымдылығы.** сушар. *Тау жыныстарының барлық кеуектерін, жарықтарын, қуыстарын толтырған судың ақпай тұрған кездегі салмақтық немесе көлемдік шамасы.*

**ТОЛЫҚ**[2] сын. **1.** сөйл. **Толы. 2.** *Толыққанды, жеткілікті.* **3.** *Етжеңді келген, семіз.*

**Толық денелі.** *Толықша келген еңгезердей.*

**ТОЛЫҚ=** ет. **1.** *Үстемелеп қосылғаннан толыға, молая түсу.* **2.** *Өсу, жетілу, кемелдену.* **3.** ауыс. *Көңілі орнына түсу, көңілі көншу.*

**ТОЛЫҚКРИСТАЛДЫ: толыққристалды таужыныс.** геол. *Құрамына шыны тектес заттарды кіріктірмейтін, түгелімен кристалды заттардан тұратын таужыныс.*

**ТОЛЫҚҚАНДЫ** сын. *Жан-жақты, тереңдігімен ерекшеленетін.*

**ТОЛЫҚСУ** *Толықсы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Толымы жетіп құлпыру, жайнау.* **2.** *Бұрала иілу, ырғалып-теңселу.* **3.** ауыс. *Толқу, алабұрту.*

**ТОЛЫҚСЫ=** ет. **1.** *Күш-қуаты кемеліне келіп, құлпырып, бабында болу.* **2.** *Әрлі-берлі ырғалып теңселу.* **3.** ауыс. *Толқу, дүрлігу.* **4.** ауыс. *Сезім ырқына көну, сезімге жол беру.*

**Толықсып тұрған шақ.** *Кемеліне жеткен, керемет шарықтау шегі.*

**ТОЛЫҚСЫТ=** ет. **1.** *Тербелту, ырғалту, толқындату.* **2.** ауыс. *Толқыту, қобалжыту.*

**ТОЛЫҚСЫТУ** *Толықсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚТА=** ет. *Бір нәрсенің кемісін толықтыра, жетілдіре түсу.*

**ТОЛЫҚТАЙ** үст. сөйл. ***Түгелдей.***

**ТОЛЫҚТАМА** зат. *Олқылықты, кемістікті толықтыра, анықтай түсетін қосымша.*

**ТОЛЫҚТАН=** ет. **1.** *Бірін-бірі толықтыру, толығу.***2.** жерг. *Толу, семіру.*

**ТОЛЫҚТАНДЫР=** ет. *Толықтыру.*

**ТОЛЫҚТАНДЫРУ** *Толықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚТАНУ** *Толықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚТАУ[1]** сын. **1.** *Толығырақ, молдау.* **2.** *Етженділеу келген, семіздеу.*

**ТОЛЫҚТАУ[2]** *Толықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚТАУЫШ** зат. лингв. *Сөйлемдегі қимыл процесінің, баяндауыштың объектісі болатын тұрлаусыз мүше.*

**Толықтауыш бұрыш.** мат. *Толықтырушы бұрыш.*

**ТОЛЫҚТЫҚ** зат. *Етженділік, семіздік.*

**ТОЛЫҚТЫЛЫҚ** сын. психол. *Мінез байлығы, байсалдылығы.*

**ТОЛЫҚТЫР=** ет. *Кемісін толтыра түсу, жетілдіре түсу.*

**ТОЛЫҚТЫРҒЫШ** зат. **1.** *Заттың беріктігін арттыру үшін қосылатын әртүрлі қоспалар.* **2.** зат. хим. *Байланыстырушы материалдармен қосылып, бетондар немесе ерітінділер түзетін материалдар.*

**ТОЛЫҚТЫРМА** зат. **1.** *Қосылған материал.* **2.** *Қоспа ретіндегі құрылыс материалы.*

**ТОЛЫҚТЫРУ** *Толықтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жетілдіру, кемін қосу.* **2.** *Толтыру, белгіленген мөлшерге жеткізу.* **3.** *Жетілдіру мақсатымен заңға өзгерістер енгізу.* **4.** *Жинақтау, қор жасау.*

**ТОЛЫҚТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қалпына келтірілу.* **2.** *Толтырылу, көбейтілу, жаңартылу.*

**ТОЛЫҚТЫРЫЛУ** *Толықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫҚША** сын. *Толықтау, семіздеу.*

**ТОЛЫҚШАЛАУ** сын. **1.** *Онша семіз емес, толықтау, орташа құйлілеу.* **2.** *Төсі шығыңқылау.*

**ТОЛЫЛЫҚ** зат. *Толғандық, толып кеткендік.*

**ТОЛЫМ** зат. көне. **1.** *Жетістік.* **2.** көне. *Халқына қадірлі ердің ұрпағы деген мағынада.*

**ТОЛЫМДАЛ=** ет. *Орнына келу, қалпына түсу; толыға түсу, жеткілікті болу.*

**ТОЛЫМДАЛУ** *Толымдал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫМДЫ** сын. **1.** *Жеткілікті дәрежеде, толық.* **2.** *Көз тоярлық.* **3.** *Жақсы, көтеріңкі.* **4.** *Татымды, жарамды.* **5.** *Уәжді, көңілге қонымды, негізді.* **6.** *Жан-жақты, терең.* **7.** *Толысқан, жұп-жұмыр.*

**Толымды сөйлем.** лингв. *Белгілі бір ойға қатысты мүшелері түгел айтылатын сөйлем.* **Толымды сұраным.** экон. *Сатып алушының фирма шығаратын тауарларға сұранымы.***Толымды үйқас.** әдеб. *Өзара үйлесетін сөздердегі сәйкес дауысты және дауыссыз дыбыстар түгелдей үндестігі жағынан дәлме-дәл не өте жақын келетін толық үнді ұйқас.*

**ТОЛЫМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Саны жеткілікті болғандығы, толықтық.* **2.** *Пайымдылық, қабілеттілік, салиқалылық.*

**ТОЛЫМСЫЗ** сын. **1.** *Толық емес, жетімсіз.* **2.** *Жұпыны, кедей.* **3.** *Артта қалған, мешеу.* **4.** *Арзанқол, сапасыз.*

**Толымсыз концентрат.** кен. *Құрамында бағалы құрамбөліктің пайыздық үлесі талапқа сай келмейтін өнім.* **Толымсыз сөйлем.** лингв. *Белгілі ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған сөйлем.* **Толымсыз топтама.** экон. *Жүз акциядан кем бағалы қағаздардың саны.*

**ТОЛЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Толық еместік, жетімсіздік.*

**ТОЛЫҢҚЫРА=** ет. *Толысыңқырау, өсіңкіреу, көтеріліңкіреу.*

**ТОЛЫС=** ет. **1.** *Ет алып оңалу, семіру.* **2.** *Әбден даму, жетілу, өсу.* **3.** ауыс. *Кемеліне келу, жетілу.* **4.** ауыс. *Әйел адамның сұлуланып, реңденіп кетуі.*

**Толыспаған дарақтар.** экол. *Өсімдіктер популяцияларының жетілмеген шағы.*

**ТОЛЫСҚАНДЫҚ** зат. *Есейгендік, ақыл тоқтатқандық.*

**ТОЛЫСТЫР=** ет. *Толықтырысу, толтырысу.*

**ТОЛЫСТЫРУ** *Толыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЛЫСУ** *Толыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Оңалу, семіру, толу.* **2.** *Жетілу, өсу.* **3.** биол. *Физиологиялық жағынан жетілу.* **4.** геол. *Жиналу, қорлану, молаю.* **5.** ауыс. *Кемелдене түсу.*

**Толысу желісі.** геол. *Жер қыртысындағы (таужыныстардағы) жарық қуыстарының заттектермен бірте-бірте кептелуі нәтижесінде қалыптасатын желі.* **Толысу электр стансысы.** сушар. *Теңіз суының толысу энергиясын электр энергиясына айналдыратын электр стансысы.*

**ТОЛЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Толыңқырау, семіріңкіреу.*

**ТОЛЫСЫП-ТОЛЫҚҚАНДЫҚ** зат. **1.** *Есейгендік, ержеткендік.* **2.** *Өсіп-жетілгендік, дамығандық.*

**ТОЛЬ** зат. *Қалыңдау келген қатты қағазға қара май сіңіріп, үстіне ұсақ қоспалар сеуіп жасалатын төсегіш (жабынды) материал.*

**ТОМ** [грек. tomos] зат. **1.** *Белгілі бір шығарма басылымының жеке бір кітабы.* **2.** инф. [ағыл. volume] *Файлдық жүйеде пайдалану үшін дискінің бөліп-белгіленген бөлімі немесе бөлімдер жиынтығы.*

**Томдарды автоматтық айырып тану.** инф. <ағыл. automatic recognition of volumes> *Тапсырмаларды жоспарлаушымен орындалатын және осы сәтте операциялық жүйенің басқарылуында тұрған том мен тапсырма сұралатын томның бір-бірімен сәйкестігін тағайындаудан тұратын операция.* **Томдарды танып-білу.** инф. <ағыл. volume recognition> *Жүйедегі ашық томдардың индентификаторы мен томдардың еңтаңбалары арасындағы сәйкестікті тағайындау процедурасы.* **Том еңтаңбасы.** инф. <ағыл. volume label> *Томға атау беру кезінде оған жазылатын еңтаңба [Мұнда томның тіркелу нөмірі, файлдар еңтаңбасы аймағының адресі, том иесінің индентификаторы болады].* **Томның атауын тағайындау.** инф. <ағыл. volume (pack) initialization> *Томды мәліметтер жазуға арнап алған дайындау.* **Томның реттік нөмірі.** инф. <ағыл. serial volume number> *Бірнеше бөліктен тұратын (көп томды) файлды өңдеу кезінде сол бөліктерді (томдарды) пайдаланудың стандартты режимін сипаттайтын сан.* **Томның соңы.** инф. <ағыл. end of volume> *Томның аяғын белгілейтін код.* **Томның стандартты еңтаңбасы.** инф. <ағыл. standart label of volume> *Том мен оның иесін ұқсататын стандартты еңтаңба.* **Томның файлы.** инф. <ағыл. volume file> *Томның аты, осы том арналып бөліп-белгіленген файлдық жүйенің түрі және (жөндеуді талап ететін ақау болғанын көрсететін) өзгеріс биті бар файл.* **Том соңының еңтаңбасы.** инф. <ағыл. end of volume> *Томның аяғында орналасқан және соң белгісі бар еңтаңба.* **Том ұқсастырғышы.** инф. <ағыл. volume identifier> *Таспа немесе дискідегі мәліметтер тасушының мәтіндік атауы.*

**ТОМАҒА[1]** зат. **1.** саят. *Қыран құстың басына көзін бастыра кигізіп қоятын былғары қапшық.* **2.** жерг. *Самауырдың шоқ сөндіргіші.*

**ТОМАҒА[2]** сын. *Түйық, көп сөйлемейтін біржолға.*

**Томаға көзді.** *Үлкен, дөңгелек көзді.* **Томаға тартты.** *Құстың томағасын сыпырды, томағасын алып ұшырды.* **Томағасы түрілді.** поэт. *Еркіндік берілді, еркіне жіберілді, көңілі ашылды, бақытқа кенелді.* **Томағасын тартты.** *Томағаны алды, шешті.*

**ТОМАҒАДАЙ** сын. *Шағын, кішірек.*

**ТОМАҒАЛА=** ет. *Қыран құстың басына көзін бастыра томаға кигізу.*

**ТОМАҒАЛАН=** ет. **1.** *Томаға кигізілу.* **2.** ауыс. *Томпиып жондану.*

**ТОМАҒАЛАНУ** *Томағалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМАҒАЛАС=** ет. *Томаға кигізісу.*

**ТОМАҒАЛАУ** *Томағала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМАҒАЛАУЛЫ** сын. *Томаға кигізілген.*

**ТОМАҒАЛЫ** сын. *Томағасы бар, томағалаулы.*

**Томағалы дулыға.** этн. *Темірден жасалған, бетті жауып тұратын томағасы бар дулыға.*

**ТОМАҒАСЫЗ** сын. *Томағасы жоқ, томаға кигізілмеген.*

**ТОМАҒА-ТҰЙЫҚ** сын. **1.** *Ешқандай аралас-құраластығы жоқ, бір шет, оқшау, қағыс.* **2.** *Томсарып, көпшіліктен шеттеп жүретін, сөзге араласпайтын, сыр ашпас, бұйығы (кісі).*

**Томаға-тұйық валюта.** экон. *Тек бір елдің ғана шегінде пайдаланылатын, айырбасталмайтын валюта.*

**ТОМАҒА-ТҰЙЫҚТЫҚ** зат. *Аралас-құраластығы жоқтық, оқшаулық, қағастық.*

**ТОМАҒАШӨП** зат. бот. <лат. scutellaria> *Сабағы түкті, жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, көпжылдық кейде біржылдық шөптесін өсімдік не шала бұта; бұта.*

**ТОМАЙ** сын. *Түймедей, кішкентай (құлақ).*

**ТОМАЛА=** ет. жерг. *Домалау.*

**ТОМАЛАҚ** зат. сөйл. *Кішігірім той, кеш.*

**ТОМАЛАҚТАЙ** сын. *Азғантай, кішкентай.*

**ТОМАН** зат. көне. *Дағыстан жұрты.*

**ТОМАР[1]** зат. **1.** *Кесілген ағаштың кепкен түбірі.* **2.** *Отқа жағу үшін жарылған бөрененің кесіндісі.*

**Томар балта.** *Ағаштың томарына жалғасқан сабымен қоса алынған балта пішініндегі сайман, қару.* **Томар оқ.** *Садақ оғының бір түрі.*

**ТОМАР[2]** зат. *Түп-түп боп, үсті-үстіне шөп өскен шалшықты, қопалы жер.*

**ТОМАР[3]** зат. жерг. *Ыза, кішкене тайыз көлшіктер.*

**ТОМАРБАС** зат. жерг. *Кішкене, шәкене бас.*

**ТОМАРБОЯУ** зат. өс. <лат. limonium gmelini> *Қырға, сортаң жерге шығатын, тамырынан тері бояйтын күлгін сары бояу алынатын көпжылдық өсімдік.*

**Томар бояу.** *Құрай тектес өсімдік түбірінен жасалған бояу.*

**ТОМАРДАЙ** сын. **1.** *Дөңбектей, дәу, ұп-ұлкен.* **2.** *Кесілген, қураған, өртенген ағаш түбіріндей.* **3.** ауыс. *Моншақтай.*

**ТОМАРДАЙ-ТОМАРДАЙ** сын. *Үлкен-үлкен.*

**ТОМАРДӘРІ** зат. өс. <лат. polygonum amphibium> **1.** *Тамырынан алынатын дәрілермен зиянды жәндіктерді құртатын, көбіне ормандық және биік таудағы шабындықтарда өсіп-өнетін шөптесін, улы өсімдік; тамырдәрі.* **2.** *Көпжылдық, жерасты сабақты, шөп сабақтас өсімдік.*

**ТОМАРДҮЗГІН** зат. өс. сөйл. *Құмда өсетін өсімдік.*

**ТОМАРЖУСАН** зат. өс. *Түсі қаракөк, бойы жарты метр, сабағы жіңішке, майда жапырақ, құмды жерге шығатын шөп.*

**ТОМАРЛАН=** ет. *Күжірею.*

**ТОМАРЛЫ** сын. *Қопалы, шалшықты.*

**ТОМАРҚҰЛАҚ** зат. бот. <almillaria> *Томарға (ағаштың түбіріне), құлаған ағашқа шығатын, жеуге жарамды саңырауқұлақ.*

**ТОМАРТА** зат. бот. <лат. hymenolaena> *Тамырсабағы ағаштанып кеткен, далалы жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік.*

**ТОМАРТҚАЛА=** ет. жерг. *Томыртқалау, салқындату, суыту.*

**ТОМАР-ТОМАР** сын. **1.** *Түйір-түйір.* **2.** *Кесек-кесек.*

**ТОМАР-ТҮГІРШІК** зат. *Состиған ағаш түбірлері.*

**ТОМАРША**[1] зат. *Ағаштың кішігірім түбірі, кішірек томар.*

**ТОМАРША**[2] зат. *Тайыз көлшіктер; томарлы жер.*

**ТОМАРШАДАЙ** сын. *Кескен дөңбектей.*

**ТОМАРЫЛ=** ет. **1.** *Туырылу.* **2.** ауыс. *Бұлқанталқан болу.*

**ТОМАСҚОЖ** зат. хим. *Шойын қорытқанда шығатын қосалқы өнім; бағалы тыңайтқыш.*

**ТОМАСТЫҚ: томастық болат.** кен. *Конвертер процесінің бір түрі, томастық процесс арқылы алынған болат.*

**ТОМАСШЛАК** зат. кен. *Рудадан алынатын тыңайтқыш түрі.*

**ТОМАТ** [лат. solanum lycopersicum] зат. *Қызанақ.*

**Томат езбесі.** тамақ. *Үккіштен өткізілген қызанақтан 2–3 рет қайнатып әзірленетін тағам [Томат пастасына қарағанда мұның құрамындағы құрғақ заттардың мөлшері (12–20%) аздау болады].* **Томат пастасы.** тамақ. *Піскен қызанақтан жасалатын өнім.*

**ТОМАТТА=** ет. *Тағамның ішіне томат қосу.*

**ТОМАТТАУ** *Томатта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМАУЫЛ** зат. көне. *Тосқауыл, ағаш томары, бұта т.б.*

**ТОМАША**[1] зат. *Құстың кішкентай бір түрі.*

**ТОМАША**[2] зат. сөйл. **1.** *Ағаштың кепкен кішігірім түбірі, томарша.* **2.** *Кішігірім томарлы, қопалы жер.*

**ТОМАША** зат. *Кішкене томар.*

**ТОМАШАДАЙ** сын. *Кіп-кішкентай ғана, жұдырықтай.*

**ТОМАШАҚ** зат. **1.** *Майда-шүйде ағаш томары.* **2.** *Денесі шағын, шәпеті.*

**ТОМБЫҚ** зат. жерг. кәс. **1.** *Егін егетін жерді білдіру үшін жерді қазып үйіп қойған белгі.* **2.** *Қауын-қарбыздың, жүгерінің жақсы өнуі үшін олардың түбіне үйілген топырақ.*

**ТОМДА=** ет. *Кітап-кітап етіп жазу, шығару.*

**ТОМДАН=** ет. *Том-том болып шығу.*

**ТОМДАУ** *Томда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМДЫҚ** зат. сын. *Жеке-жеке томдардан тұратын (кітаптар).*

**ТОМОГРАФ** зат. мед. *Дененің белгілі бір қабаттарын пленкаға түсіріп алып, зерттеу жүргізетін аппарат.*

**ТОМОГРАФИЯ** [грек. tomos – бөлік, grapho – жазамын] зат. мед. *Томографпен жүргізілетін зерттеу.*

**ТОМОГРАФИЯЛЫҚ** сын. мед. *Томограф арқылы зерттейтін.*

**ТОМОГРАФСЫЗ** сын. мед. *Томография құралынсыз.*

**ТОМП** елік. *Жоғарыдан жерге секіріп түскендегі топ ете қалған, дүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Томп етті.** *Дүрс етіп, құлап түсті.* **Томп еткізді.** *Оп-оңай жыға салды деген мағынада.*

**ТОМПАЙ=** ет. **1.** *Бұлтиып ісіну.* **2.** *Сыртқа қарай дөңестеніп шығып тұру, томпию.*

**ТОМПАЙТ=** ет. **1.** *Бұлтиту.* **2.** *Толтыру.* **3.** *Қомпиту, қопсыту.* **4.** *Қалыңдату, ақшаға кенелту.* **5.** *Ісіндіру.*

**ТОМПАЙТУ** *Томпайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАЙЫП-ТОМПАЙЫП** үст. *Төбе-төбе болып, томпиып-томпиып.*

**ТОМПАҚ**[1] сын. **1.** *Сыртқа қарай дөңестеніп шығып тұрған, бұлтиған.* **2.** ауыс. *Қисыны жоқ, орынсыз, ретсіз.*

**Томпақ беттi.** *Бүйрек бетті.* **Томпақ ойыны.** ойын. *Балалардың «томпақ, томпақ, томпақтар, томпақтан кім домалар?» – десе жүріп, бір-бірін қуалап ойнайтын ұлттық ойын түрі.* **Томпақ ұрт.** *Ұрты шығыңқы.*

**ТОМПАҚ**[2] зат. *5–6 қап шамасындағы сульфат үйіндісі.*

**ТОМПАҚ**[3] зат. *Көз қалтасы.*

**ТОМПАҚТА=** ет. **1.** *Төмпешіктеп, бұлтитып шығару.* **2.** ауыс. *Қалтаны ақшаға толтыру.*

**ТОМПАҚТАЛ=** ет. **1.** *Жұмырлану.* **2.** *Бүйірлену, бұлтию.*

**ТОМПАҚТАЛУ** *Томпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҚТАН=** ет. *Көтерілу, дөңестену.*

**ТОМПАҚТАНУ** *Томпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҚТАУ**[1] *Томпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҚТАУ**[2] сын. **1.** *Сыртқа қарай шығыңқылау, дөңестеу.* **2.** *Қалыңдау, еттілеу.* **3.** ауыс. *Ретсіздеу, ерсілеу, жөнсіздеу, орынсыздау.*

**ТОМПАҚТЫҚ** зат. **1.** *Сыртқа қарай бұлтиғандық.* **2.** ауыс. *Жөні жоқтық, ерсілік, орынсыздық.*

**ТОМПАҚША** сын. *Аздап қана бұлтиған.*

**ТОМПАЛАҢ** елік. *Қомпаңдаған, бұлт-бұлт еткен, томпаңдаған жүрісті бейнелейтін сөз.*

**ТОМПАЛАҢДА=** ет. сөйл. *Томпаңдау, томпаң-томпаң ету.*

**ТОМПАЛАҢДАУ** *Томпалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҢ** елік. *Томп-томп, бұлт-бұлт еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Томпаң қақты.** *Бұлт-бұлт етіп, асты-үстіне түсті; бәйек болды, тез қимылдады.*

**ТОМПАҢДА=** ет. **1.** *Томпаң-томпаң етіп жүру, бұлтыңдап тез қимылдау.* **2.** *Бүкшеңдеу, бұқпантайлап жүру.*

**ТОМПАҢДАТ=** ет. **1.** *Бұлтыңдату, жүгірту.* **2.** *Еңкеңдету.*

**ТОМПАҢДАТУ** *Томпаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҢДАУ** *Томпаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПАҢ-ТОМПАҢ** елік. *Жас баланың бұлтың-бұлтың еткен жүрісін бейнелейтін сөз.*

**ТОМПАШЫҚ** зат. жерг. ***Төмпешік.***

**ТОМПАЮ** *Томпай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПИ=** ет. **1.** *Моп-момақан, сүп-сүйкімді болып көріну.* **2.** сөйл. ***Томпай.*** **3.** *Бұлтию.* **4.** ауыс. *Бұртию, ренжу, өкпелеу.*

**ТОМПИТ=** ет. **1.** *Ісіндіру.* **2.** *Қалыңдату, қампиту.* **3.** *Бұлтиту.* **4.** ауыс. *Бұртиту, ренжіту.*

**ТОМПИТУ** *Томпит етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПИЫП-ТОМПИЫП** үст. *Моп-момақан болып, монтиып.*

**ТОМПИЫС=** ет. **1.** *Монтиысу, сүйкімді көрінісу.* **2.** *Томпайысу.*

**ТОМПИЫСУ** *Томпиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМПИЮ** *Томпи етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМП-ТОМП** елік. *Дүңк-дүңк, тоңқ-тоңқ, дүрс-дүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ТОМПЫЛДА=** ет. **1.** *Томпаңдау, елпілдеу.* **2.** *Секеңдеу.*

**ТОМПЫЛДАҚ** сын. *Томпаңдаған, томпиған.*

**ТОМПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Бүлкілдету.* **2.** *Томпаңдату.* **3.** *Сартылдату, шықпырта соғу.*

**ТОМСА=** ет. *Тұмшалау, бүркеу, жабу.*

**ТОМСАР=** ет. **1.** *Қабақ шытып, үнсіз түнжырау, түнеру.* **2.** *Тымыраю, томаға-тұйық болу.*

**ТОМСАРТ=** ет. *Түнжырату, ойға батыру.*

**ТОМСАРТУ** *Томсарт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМСАРУ** *Томсар етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМСАРУЛЫ** сын. **1.** *Қабақ шытқан, түнжыраған, түнерген.* **2.** *Тұйық, үнсіз, көңілсіз.*

**ТОМСАРЫЛ=** ет. *Қатулану, қабағы түйілу.*

**ТОМСАРЫҢҚЫ** сын. *Кескіні түнжыраңқы, қабағы түнеріңкі.*

**ТОМСАРЫҢҚЫРА=** ет. *Түнеріңкіреу, қабағы түсіңкіреу.*

**ТОМСАРЫП-ТОМСАРЫП** үст. *Түксие-түксие, түнжырап-түнжырап.*

**ТОМСАРЫС=** ет. **1.** *Тымырайысу.* **2.** *Түнжырасу, түнерісу.* **3.** *Тымпиысу, тынышталу.*

**ТОМСАРЫСУ** *Томсарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМСЫР=** ет. *Күйзелу, қиналу.*

**ТОМСЫРАЙ=** ет. *Аузын бұртитып, қабағы түсіп, үнсіз отыру; тымыраю.*

**ТОМСЫРАЙТ=** ет. **1.** *Түсін суыту, қабағын түю.* **2.** *Бұртиту, ренжіту.*

**ТОМСЫРАЙТУ** *Томсырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМСЫРАЙЫП-ТОМСЫРАЙЫП** үст. *Үдірейіп-үдірейіп.*

**ТОМСЫРАЙЫС=** ет. *Түнжырасу; үрпиісу; тымырайсу.*

**ТОМСЫРАЙЫСУ** *Томсырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМСЫРАЮ** *Томсырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМ-ТОМ** сын. *Кітап-кітап, бірнеше кітап болатын.*

**ТОМ-ТОМДА=** ет. *Бірнеше кітап ету.*

**ТОМЫҚ** сын. *Үнсіз, тілсіз (таңба).*

**ТОМЫЛДЫРЫҚТЫ** сын. *Тұмылдырық тәрізді сыммен торланған.*

**ТОМЫР=** ет. *Кесегімен омыру.*

**ТОМЫРАЙ=** ет. *Томсару, түнжырау.*

**ТОМЫРАЙЫС=** ет. *Томсарысу, түнжырасу.*

**ТОМЫРАҢДА=** ет. *Томпаңдау.*

**ТОМЫРЛА=** ет. *Шымырлау.*

**ТОМЫРТҚА** зат. этн. тамақ. **1.** *Мұз салып салқындатылған сорпа.* **2.** жерг. *Малтаға су қосқан сусын; сүт қосылған шұбат; айранға су қосқан сусын (шалап).*

**ТОМЫРТҚАДАЙ** сын. *Томыртқа тәрізді.*

**ТОМЫРТҚАЛА=** ет. **1.** *Сорпаға мұз қосып салқындату.* **2.** ауыс. *Жұмсарту, жуып-шаю.*

**ТОМЫРТҚАЛАН=** ет. **1.** *Мұзбен салқындатылу.* **2.** ауыс. *Ыстығы, екпіні басылу.*

**ТОМЫРТҚЫЛА=** ет. *Ыстық суға мұздай су қосып қанжылым ету, салқындату.*

**ТОМЫРТҚЫЛАТ=** ет. *Қостырту, араластырту.*

**ТОМЫРТҚЫШ** зат. сөйл. ***Томыртқа.***

**ТОМЫРУ** *Томыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМЫРЫҚ** сын. этн. **1.** *Кенет дүрсе қоя беретін, дүңк етпе.* **2.** *Бұйығы, үнсіз, жым-жырт.*

**Томырық мінез.** *Ырыққа көнбейтін, дүңк етпе.*

**ТОМЫРЫҚТАН=** ет. **1.** *Тік мінезденіп тұйықтану.* **2.** *Дөрекілену.*

**ТОМЫРЫҚТАНУ** *Томырықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОМЫРЫҚТАУ** сын. *Тік мінезділеу, тұйықтау.*

**ТОМЫРЫҚТЫҚ** зат. *Морт кететін тік мінезділік, тұйықтық.*

**ТОМЫРЫЛ**[1]**=** ет. **1.** *Опырылу.* **2.** ауыс. *Морт кету, шарт сыну.* **3.** ауыс. *Үн-түнсіз түнжырап,*

*түйықтану.* **4.** *Мелжемді, сыртқа біртүрлі үлкен көріну.* **5.** *Төңкерілу, туырылу.*

**ТОМЫРЫЛ**[2]**=** ет. жерг. *Тесілу.*

**ТОМЫРЫЛУ** *Томырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОН**[1] зат. **1.** *Иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы, қыстық сырткиім.* **2.** көне. *Киім.* **3.** этн. *Қадірлеу, құрметтеу нышаны ретіндегі сыйлық немесе айып-пұл таралғысы ретінде берілетін құн өтемі.*

**Тон жамылды.** *Арам пиғылын бүркемеледі, жасырын әрекеттенді.* **Тонның ішкі бауындай.** *Біте қайнасқан, етене жақын өз адамындай.* **Тон пішті.** *Сырттан долбар жасады.* **Тоны келте [қысқа].** *Қолы қысқа, кедей, жарлы.* **Тонын айналдырып [айналдырып киді].** *Адал болғансып, арам, бұзық ниетін бүркемеледі.* **Тонына сыймады**. *Күпсініп мақтанды, күпінді.* **Тоны сұлу**. *Киімдері келісті, әдемі.* **Тоны сұлу тұғыр.** жерг. *Кеще, тоғышар.* **Тоны тозбайды, аты азбайды.** *Аш-жалаңаш болмайды, қатардан қалмайды.*

**ТОН**[2] зат. *Жануар атаулының қағанағы, іштегі төлдің қабы.*

**Тонын жарып тыныстатты**. *Өздігінен туа алмай қиналған малдың ішін жарып, төлін аман алып қалу немесе бие туа салысымен шарана қабын жарып, құлынға тыныс алдыру тәсілі.*

**ТОН**[3] [грек. tonos] зат. муз. **1.** *Дыбыстың белгілі бір жоғары деңгейі, дауыс көтеріңкілігі.* **2.** *Екі дыбыстың арақатысы.* **3.** *Дыбыс, дауыс ырғағы.*

**ТОНА=** ет. *Біреудің мүлкін зорлық қылып тартып алу, үптеу.*

**ТОНАҒЫШ** зат. *Тонаумен айналысатын жан, қарақшы.*

**ТОНАЛ=** ет. **1.** *Ұры-қарыға жем болу, барынан айырылу.* **2.** ауыс. *Абыройынан айырылу, масқараға ұшырау.* **3.** ауыс. *Дәнеңесі қалмау, жұрдай болу.*

**ТОНАЛТ=** ет. *Тонату, айырылу.*

**ТОНАЛУ** *Тонал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОНАЛУШЫ** зат. *Тоналған адам.*

**ТОНАЛЬДЫҚ** сын. муз. *Белгілі бір тональдылыққа тән.*

**ТОНАМАЛА=** ет. *Қайта-қайта тонай беру, талан-таражға салу.*

**ТОНАТ=** ет. **1.** *Талату, күштеп алу.* **2.** *Алдыру, ұрлату.* **3.** *Жоғалту.*

**ТОНАТТЫР=** ет. *Шаптырту, талаттыру.*

**ТОНАТТЫРУ** *Тонаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОНАТУ** *Тонат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОНАУ** *Тона етістігінің қимыл атауы; талау, зорлық қылып тартып алу.*

**ТОНАУЛЫ** сын. жерг. **1.** *Жасаулы, дүниелі.* **2.** *Бай, ауқатты.*

**ТОНАУСЫЗ** сын. жерг. *Кедей, тұрмысы нашар.*

**ТОНАУШЫ** зат. *Тартып алушы, қарақшы, ұры-қары.*

**ТОНАУШЫЛЫҚ** зат. *Қарақшылық, тонап тартып алушылық.*

**Тонаушылық демпинг.** экон. *Шетелдік жеткізушілердің олардың өз рыноктарындағы жағдайына нұқсан келтіру ниетімен (сыртқы рыноктағы бәсекені жою және монополия құру мақсатымен) тауарды шетелге ішкі рыноктардан төмен бағамен саналы түрде, әдейі шығару.*

**ТОНЕР** [ағыл. toner] зат. инф. *Лазерлік принтерлерде қолданылатын құрғақ ұнтақ тәрізді бояу.*

**ТОНДАЙ** сын. *Тон тәрізді, тон сияқты.*

**ТОНДЫ** сын. **1.** *Үстіне тон киген, тоны бар.* **2.** жерг. *Қауызды.* **3.** ауыс. *Әдемі, жақсы киінген, сырт киімі келісті.*

**Тонды төл**. *Туғанда төлдің өз қабын жармастан сыртқа шығуы, туған төлдің дорба ішінде болуы.*

**ТОНДЫҚ** сын. *Бір тонға жарарлық.*

**Тондық тері.** *Тон, тұлып тігетін қылшық жүнді қой терісі.*

**ТОНЗИЛЛИТ** [лат. tonsilla tonsillitis] зат. мед. *Тамақтағы бадамша безінің қабынуынан болатын созылмалы ауру, баспа.*

**ТОНИК** [ағыл. tonic] зат. **1.** *Әдетте коктейльдер жасау үшін қолданылатын сергітетін қасиеті бар салқындатқыш сусын.* **2.** *Сергітетін косметикалық өнім (крем, лосьон және т.б. түрінде).*

**ТОНИКА** [грек. tonos] зат. муз. *Лад пен гамманың бірінші тұрақты басқышы.*

**ТОНИКАЛЫҚ: тоникалық өлең**. *Ұйқасы екпінге құрылған шағын поэзиялық шығарма.*

**ТОННА** [франц. tonne] зат. *Метрикалық жүйедегі 1000 кг-ға тең салмақ өлшемі.*

**ТОННАДАЙ** сан. *Тоннаға жуық.*

**ТОННАЖ** [ағыл. tonnage] зат. *Автомобильдің, вагонның тоннамен есептегендегі жүк көтеру мүмкіндігі.*

**ТОННАЛА=** ет. *Тонна-тонна ету.*

**ТОННАЛАУ** *Тоннала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОННАЛЫҚ** сын. *Тонна мөлшеріне сай.*

**ТОННА-ТОННА** сын. *Тонналаған, бірнеше тонна.*

**ТОННЕЛЬ** [ағыл. tunnel] зат. **1.** *Адамға және күш-көлікке арналған жерасты жолы.* **2.** *Су жинауға арналған жерасты құбыры.* **3.** кен. *Екі шетінен жер бетіне шығатын, терең карьерлердің кен массасын теміржол, автомобиль немесе конвейер көліктерімен тасуға немесе су жүргізуге арналған жазық немесе көлбеу жерасты кен қазбасы.*

**Тоннельді** сын. *Тоннелі бар, тоннель орналастырылған.*

**Тоннельді пештер**. тамақ. *Көптеген нан өнімдері, тоқаштар және тәтті тағамдар пісірілетін пештер.*

**ТОНОПЛАСТ** [грек. tonos – кернеу, plastos – жасалған] зат. бот. *Жасушадағы вакуоляның айналасын қоршап жатқан протоплазманың қабаты.*

**ТОНСЫЗ** сын. сөйл. *Тоны жоқ.*

**ТОНТИ=** ет. *Шонтию, құнтию.*

**ТОН-ТОНАУ** зат. жерг. *Ат-тон, бағалы сыйлық.*

**ТОН-ТҰМАҚ** зат. сөйл. *Тон, тұмақ тәрізді қыстық киімдер.*

**ТОНУС** [лат. tonus] зат. мед. *Жүректің дамылдаған кездегі артериялық қан тамырларының кернеліп тұрған жағдайы.*

**ТОНША** зат. *Кішкене тон.*

**ТОН-ШАЛБАР** зат. сөйл. *Киім-кешек.*

**ТОНШЫҚ** зат. жерг. *Кішігірім тон.*

**ТОҢ**[1] зат. **1.** *Жер қыртысының суықтан сіресіп, қатып қалған үстіңгі қабаты.* **2.** ауыс. *Көңілде тас болып қатып қалған реніш, өкпе т.б.*

**Тоң айбат көрсетті.** *Сес көрсетті, қоқанлоқы жасады.* **Тоң астындағы сулар.** сушар. *Көп жылдар бойы тоңданған таужыныстардың астында жататын жерасты сулары.* **Тоңды ерітті.** *Көктемгі күннің қызуы жер бетіндегі қыс бойғы қарды жібітті, босата бастады.* **Тоң жібіді.** *Араларындағы қырын-қабақтық сейілді.* **Тоң мінез.** *Дүңк етпе, бірбеткей, қиқар.* **Тоңнан аршылу.** геол. *Маусымдық тоңның қабатындағы қойтастар мен қиыршық тастардың біртіндеп жүйелі түрде жер бетіне қарай жылжуы.* **Тоңның деградациясы.** геол. *Көп жылғы тоң таужыныстардың тоңған жағдайдан жібіген күйге ауысуы.* **Тоңның жұқаруы.** экол. *Жоғары, орташа жылдық температураның немесе жоғары жатқан қабаттардың жылу оқшаулағыш қасиеттерінің өзгеруі (соның ішінде өсімдіктерді жою) әсерінен көп жыл қатып жатқан грунттардың жібуі.* **Тоңның ұлғаюы.** *Жылудың ұдайы тапшылығына байланысты грунттың (таужыныстың) қатып, тоңның ұлғаюы.* **Тоң сирақ болып отырмын.** *Отын болмай, тоңып отырмын деген мағынада.* **Тоң сорпа.** *Майы бетіне қатып, суып қалған сорпа.* **Тоң сулары.** сушар. *Көпжылдық тоңданған аймақтардағы суық күйдегі гравитациялық жерасты сулары [Олар тоң үсті, тоңаралық және тоң асты сулары болып негізінен үшке бөлінеді].* **Тоң топырақ.** сушар. *Арасындағы суы мұз боп қатқан топырақ.* **Тоң тірлік.** *Жұпыны, тұрмыс күйі.* **Тоң ұрды.** жерг. *Малдың асты тоң болып, суық өтті.* **Тоң үсті суы.** сушар. *Көпжылдық тоңдану аудандарында су өтпейтін қабат ретінде қатып қалған таужыныстардың үстінде жататын жерасты суы.* **Тоңын бұзу.** *Қасаң ой -пікірлерді сейілту деген мағынада.*

**ТОҢ**[2]**: тоң сиыр**. *Қашып кеткен, тоқтаған сиыр.*

**ТОҢ=** ет. **1.** *Суық өтіп жаурау, мұздау.* **2.** *Қату, мұз болып қалу.*

**ТОҢАЗУ** *Тоңазы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоңа бастау, аздап тоңу.* **2.** *Салқындықтан ауаның қоюланып буалдырлануы.*

**ТОҢАЗЫ=** ет. **1.** *Салқынның әсерінен суып, қату; салқындау, мұздау.* **2.** *Суықтың әсерінен аздап тоңып, жаурай бастау.* **3.** *Суықтан денесі тітіркену, түршігу.* **4.** *Шөп-бұтасына сұңгі тұрған, суық шалған, қырау басқан (жайылым) деген мағынада.*

**ТОҢАЗЫҒЫШ** сын. *Тез суып қоюланғыш, қоймалжыңданғыш.*

**ТОҢАЗЫТ=** ет. *Жаурату, тоңдыру.*

**ТОҢАЗЫТҚЫШ** зат. **1.** *Үй тұрмысында азық-түлік, тамақ сақтайтын, сондай-ақ өндіріс жағдайында азық-түлік бұйымдарын белгілі температурада сақтап тұру үшін орнатылатын салқындатқыш құрылғы немесе үй.* **2.** хим. *Нысанды немесе ағынды тоңазыту үшін, сонымен қатар олардың температурасын қоршаған ортаның температурасынан төмен күйде ұзақ сақтауға қажет қондырғы, құрылғы.*

**Тоңазытқыш агент.** хим. *Қайнау немесе ұлғаю процесінде суытылатын нысаннан жылуды тартып алатын және сығылудан кейін суытатын ортаға (мыс., суға, ауаға және т.б.) беретін тоңазытқыш мәшиненің жұмысшы заты.* **Тоңазытқыш қондырғы.** тамақ. *Тез бұзылатын өнімді қоршаған ортаның температурасынан төмен температурада салқындатуға, мұздатуға және сақтауға арналған қондырғы.* **Тоңазытқыш қоспалар.** *Біріне араластырғанда еру не балқу кезінде жылу сіңіру нәтижесінде температурасы төмендейтін екі не бірнеше қатты және сұйық заттан тұратын жүйелер.*

**ТОҢАЗЫТҚЫШТАЙ** сын. *Тоңазытқыш тәрізді, тоңазытқыштың үлкендігіндей.*

**ТОҢАЗЫТУ** *Тоңазыт етістігінің қимыл атауы.*

**Тоңазыту мәшинесі.** *Жасанды салқындату (суыту) процесін сырттан келтірілген энергия арқылы жүзеге асыратын мәшине [Ол компрессорлық, жылулық және термоэлектрлік болып ажыратылады].*

**ТОҢАЗЫТУШЫ** зат. *Тоңазыту жұмысының қызметшісі.*

**ТОҢАЗЫТЫЛ=** ет. **1.** *Тоңазытқышта салқындатылу, сақталу.* **2.** *Мұздатылу.*

**Тоңазытылған ет.** *Қаны сорғымаған күйінде мұздатқышқа қойылып мұздатылған, қатырылған ет.*

**ТОҢАЗЫТЫЛУ** *Тоңазытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢАРАЛЫҚ: тоңаралық су.** геол. *Көпжылдық тоңданған таужыныстардың ішінде жататын сұйық күйдегі жерасты суы.*

**ТОҢАША** зат. көне. *Тайыз көлшік, томар.*

**ТОҢАШАЛЫ** сын. *Томарлы, балқашты.*

**ТОҢБА** зат. мед. *Сірне.*

**ТОҢБАЛАН=** ет. *Сірнеге айналу.*

**Тоңбаланған мармелад.** тамақ. *Сірнелі мармелад.*

**ТОҢБҰЗАР** зат. жерг. *Сүймен.*

**ТОҢҒАҚ**[1] зат. *Дүниеге жаңа келген нәрестенің уыз, емшек сүтін емуден іші қатып, үлкен дәреті қатты болып түсуі.*

**ТОҢҒАҚ**[2] зат. *Уыз емген мал төлінің ішінен түсетін қорек қалдығы.*

**Тоңғағы катты.** *Жас төлдің ішек-қарын жүйесінің ауруы.*

**ТОҢҒАҚ**[3] сын. **1.** *Суыққа шыдамсыз, жаурауық.* **2.** ауыс. *Діріл қаққан, жыпырлаған.*

**ТОҢҒАҚТА=** ет. **1.** *Төлдің іші бұзылып, жиірек тоңғақ шығару.* **2.** *Тоңдану, қатаю.*

**ТОҢҒАҚТАУ** *Тоңғақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҒАҚТЫҚ** зат. *Суыққа шыдамсыздық, жаурағыштық.*

**ТОҢҒАЛАҚТА=** ет. *Тоңдану, суықтан қату.*

**ТОҢҒАНДЫҚ** зат. *Суық өтіп жаурағандық, мұздағандық.*

**ТОҢҒЫЗ=** ет. *Тоңдыру, жаурату.*

**ТОҢҒЫЗУ** *Тоңғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҒЫСЫЗ: май тоңғысыз**. *Жып-жылы.*

**ТОҢДАЙ** сын. *Мұз сияқты; мұздай қатқан, сіреудей.*

**ТОҢДАН=** ет. *Суықтың әсерінен сіресіп қату.*

**ТОҢДАНУ** *Тоңдан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоңға айналып сіресу, қатқақтау.* **2.** геол. *Мұзға айналу.*

**ТОҢДЫР=** ет. *Тоңғызу, жаурату.*

**ТОҢДЫРУ** *Тоңдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мұз қатыру.* **2.** *Тоңғызу, жаурату.*

**ТОҢЖЕЛІН** сын. *Желіндей төңкерілген.*

**ТОҢҚ** елік. *Дүңк еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тоңқ етті**. *Дүңк ете қалды.*

**ТОҢҚАЙ=** ет. **1.** *Еңкейіп, басты тізеге дейін ию.* **2.** *Басын жерге қойып тізерлеу.* **3.** *Жантаю.* **4.** *Аяқтарын бауырына алып, дүңкиіп жату.*

**ТОҢҚАЙМА**[1] зат. этн. жерг. *Бірнеше уықпен көтере салған киіз үй; жаппаның бір түрі.*

**ТОҢҚАЙМА**[2] сын. *Дөңкиген.*

**ТОҢҚАЙТ=** ет. **1.** *Еңкейту.* **2.** *Ылдилату, төмендету.*

**ТОҢҚАЙТУ** *Тоңқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚАҚ** сын. *Теріс, бұрыс.*

**ТОҢҚАЛАҢ** елік. *Басымен жер сүзе құлаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тоңқалаң асты.** а) *Етпетінен жер сүзе, омақаса жығылды, домалап кетті, ұшып түсті.* ә) қарап. *Тақтан түсті, құлады; орнынан, алып отырған атақ-дәрежесінен айырылды.* б) *Төңкерілді, аударылды.* **Тоңқалаң асу.** спорт. *Дененің жекелеген мүшелерінің тірелетін үстіңгі бетке тиюімен аяқталатын дененің толық айналып түсуі.*

**ТОҢҚАЛАҢДА=** ет. сөйл. **1.** ***Тоңқаңда.*** **2.** *Бүкшие бүгілу, еңпеңдеу.* **3.** *Селкілдеп, солықтай қозғалу.* **4.** *Домалау.* **5.** *Сүрініп-қабыну, еңкеңдеу.*

**ТОҢҚАЛАҢДАТ=** ет. *Тоңқалаң асыру, домалата жапыру.*

**ТОҢҚАЛАҢДАУ** *Тоңқалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚАЛАТ=** ет. *Тоңқалаңдату.*

**ТОҢҚАҢ** елік. *Еңкең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тоңқаң етті** *Еңкең етті, тоңқаң қақты, тоңқаңдады.*

**ТОҢҚАҢДА=** ет. *Еңкеңдеу, тоңқаң-тоңқаң ету.*

**ТОҢҚАҢДАС=** ет. *Тоңқаң-тоңқаң етісу, еңкеңдесу.*

**ТОҢҚАҢДАСУ** *Тоңқаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚАҢДАТ=** ет. *Еңкеңдету, тоңқаң-тоңқаң ету.*

**ТОҢҚАҢДАУ** *Тоңқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚАҢ-ТОҢҚАҢ** елік. *Тоңқаңдаған қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**ТОҢҚАР=** ет. сөйл. *Төңкеру, қотару.*

**ТОҢҚАРЫЛ=** ет. сөйл. *Төңкерілу, аударылу.*

**ТОҢҚАЮ** *Тоңқай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚИ=** ет. **1.** *Түп жағы жоғары көтеріле қисайып қалу, дүңкию.* **2.** *Жер сүзу, тоңқалаң асу.*

**ТОҢҚИТ=** ет. **1.** *Дөңкиту.* **2.** ауыс. *Таусып босату, төңкеру.*

**ТОҢҚИТУ** *Тоңқит етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚИЮ** *Тоңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚ-ТОҢҚ** елік. *Дүңкілдеген, тоңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тоңқ-тоңқ етті.** а) *Солқ-солқ етті.* ә) *Дүңк-дүңк сөйледі.*

**ТОҢҚУ** *Тоңқы етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚЫ=** ет. *Басын жерге салып, артқы екі аяғымен ауа теуіп мөңку, тулау (жылқы, есек туралы).*

**ТОҢҚЫЛ** зат. *Іші қуыс нәрсені дүңкілдетіп, тоқылдатып ұрғаннан шығатын дыбыс.*

**ТОҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Тоңқ-тоңқ еткен дыбыс шығарып, қозғалу.* **2.** ауыс. *Кейіңкіреп бұртыңдау, өкпе білдіру.*

**ТОҢҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Тоңқ-тоңқ еткізетін, кедір-бұдыр.* **2.** ауыс. *Дүңк етпе, ұрысқақ.*

**ТОҢҚЫЛДАС=** ет. *Ұрысып-керісу.*

**ТОҢҚЫЛДАТ=** ет. *Тоңқ-тоңқ еткен дыбыс шығарту.*

**ТОҢҚЫЛДАТУ** *Тоңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢҚЫЛДАУ** *Тоңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢМАЙ** зат. *Ерітіп қатырылған ішмай.*

**ТОҢМОЙЫН** сын. **1.** *Өз айтқанынан басқаға көнбейтін бірбет, қыңыр. // Бірбет, қыңыр адам (кісі).* **2.** *Дүлей, мейірімсіз, қатал.*

**ТОҢМОЙЫНДАУ** сын. *Қыңырлау, қырсықтау, бірбеткейлеу.*

**ТОҢМОЙЫНДЫҚ** зат. *Қыңырлық.*

**ТОҢМОЙЫНДЫЛЫҚ** зат. *Қыңырлық, қасарыспалық.*

**ТОҢТАНУ** зат. геол. *Тоңазыған жер қыртысын зерттейтін геология ғылымдарының саласы.*

**ТОҢ-ТЕРІС** сын. сөйл. ***Тоң-торыс.***

**ТОҢ-ТЕРІСКЕЙ** сын. *Суық, ызғарлы.*

**ТОҢТЕРІСТІК** зат. *Томаға-тұйықтық.*

**ТОҢ-ТОРАЗ** сын. жерг. *Бірде суық, бірде жылы деген мағынада.*

**ТОҢ-ТОРЫС** сын. *Тымырайып қатып қалған, томаға-тұйық, қыңыр.*

**Тоң-торыс кетті.** *Қырын қабақ, ерсі мінез көрсетті.*

**ТОҢ-ТҰРЫС** сын. жерг. ***Тоң-торыс.***

**ТОҢУ** *Тоң етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢШОТ** зат. жерг. *Жер қазатын кішкене шот, тесе.*

**ТОҢЫЗАҚ** зат. жерг. *Тоң, сыз, ыза.*

**ТОҢЫП-ЖАУРА=** ет. *Тоңу, суыққа ұрыну, жаурау.*

**ТОҢЫП-ШАРША=** ет. *Жаурау, болдыру.*

**ТОҢЫРАЙ=** ет. **1.** *Тымырайып қатулану, үндемей бұртию.* **2.** *Дөңкию.*

**ТОҢЫРАЙЫҢҚЫ** сын. жерг. *Кісіге жанасымы жоқ, сырдаң(адам).*

**ТОҢЫРАЙЫС=** ет. *Қатуланысу, араз болысу, қырын қабақ болысу.*

**ТОҢЫРАЙЫСУ** *Тоңырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢЫРАҢДА=** ет. **1.** *Әкіреңдеу, қоқаңдау.* **2.** *Өкіреңдеу, қомпаңдау.*

**ТОҢЫРАЮ** *Тоңырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОҢЫРТҚА** зат. кәс. *Тоғанға жиналған суды сыртқа ағызып жіберуге арналған түтік.*

**ТОП**[1] зат. **1.** *Бірнеше адамның, малдың т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны.* **2.** қоғ.-әлеум. *Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік.* **3.** *Бір мүдде, бір мақсат топтастырған адамдар.* **4.** пед. *Әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышандары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы.* **5.** спорт. *Шеберліктерге қарай спортшылардан немесе командалардан құралған жеке құрам.*

**Тобын жазбады**. *Шашау шықпады, шашырамады.* **Топ бастаушы.** *Жарыс, жүгіру кездерінде немесе турнир кестесінде бірінші болып топ басына шыққан спортшы немесе команда.* **Топ болып шешім қабылдау.** пед. *Топтың барлық мүшелері үшін ортақ міндетті орындау кезінде өзара ақпарат алмасу жағдайында жүзеге асыратын баламалардың бірін таңдау.* **Топ жарған.** *Суырыла шығатын жүйрік (шешен, ділмар). Жұрттан асты, елден ерек шықты.* **Топ жиды.** *Ниеттес, пікірлес кісілерді ұйымдастырды.* **Топ жасады [жиды].** *Ниеттес, пікірлес, жақтас кісілерді ұйымдастырды, шоғырлады.* **Топ құрды.** *Ниеттес, пікірлес, жақтас кісілерді ұйымдастырды, шоғырланды.* **Топқа салды**. *Көптің талқысына түсірді.* **Топқа түсті**. *Дау-шарға араласты.* **Топ маркері.** инф. <ағыл. group mark> *Мәліметтер тобының басын немесе соңын көрсететін шартбелгі.* **Топтан озған ділмар.** *Өрен жүйрік сөз шебері.* **Топтан торай шалдырмас [бермейтін].** *Дес бермейтін өрен жүйрік деген мағынада.* **Топты бұзды.** а) *Топтасып тұрған адамдарды қақ жарды, кимелеп араларына кірді. Бір топ адам.* **Топты ортадан ойғандай.** бейн. *Әдемілік, сұлулық, қыз сымбаты туралы.*

**ТОП**[2] зат. көне. *Зеңбірек.*

**ТОПАДАЙ** сын. сөйл. ***Топайдай.***

**ТОПАЗ** [грек. topazos] зат. хим. *Силикаттар класының минералы.*

**ТОПАЙ**[1] зат. **1.** *Жылқының бақайшақ сүйегі.* **2.** *Сиыр малының асығы.* **3.** жерг. *Түйе асығы.*

**Топай құлақ.** жерг. *Жұмырлау құлақ.* **Топай торы.** *Күнделікті жұмысқа жегілген шаруа аты.*

**ТОПАЙ**[2] зат. жерг. *Мал жатқан жерден ойып алынатын тезек.*

**ТОПАЙ**[3] сын. жерг. ***Топас.***

**ТОПАЙДАЙ** үст. **1.** *Жұдырықтай, білеудей.* **2.** *Асықтай.*

**ТОПАЛ** сын. *Қысқа, кертік, тоқал.*

**Топал бұзау.** кәс. *Екі-үш айдың ішінде мүйізі шықпаған бұзау.* **Топал қой.** кәс. *Мүйізі жоқ қой.* **Топал сиыр.** кәс. *Жаратылысынан мүйіз шықпаған сиыр, тоқал сиыр.*

**ТОПАЛАҢ** зат. **1.** *Қой малына жаппай тиетін жұқпалы кесел, індет.* **2.** ауыс. *Үрейі ұшып, әбігерге түскен астан-кестен дүрлігіс.*

**Топалаң болды.** *Опыр-топыр болды, быт-шыты шықты.* **Топалаңға салды.** *Ойран-топырға қосып жіберді.* **Топалаң келгір [тигір]** қарғ. *Қырғын тигір, жайрағыр*! **Топалаң келді.** *Ел ішінде лаң таралды, мал қырылып қалды.* **Топалаң тигендей [тиген қойдай] етті [қылды].** *Қырып салды, быт-шыт қылды.* **Топалаң тиді.** *Бірден ауыр тиді, жеделдетіп, жиілетіп, топылдатып қырып салды.* **Топалаңы шықты.** *Опыр-топыр қырғын болды.*

**ТОПАЛАҢДА=** ет. *Топырлау.*

**ТОПАЛАҢДАЙ** үст. *Топалаң тигендей.*

**ТОПАЛАҢДАТ=** ет. *Топалаңға ұшырау.*

**ТОПАН**[1] зат. **1.** *Бастырылған астық дәнінің қауызы майдаланған, шөп-шары араласқан қалдығы.* **2.** жерг. *Егінді бастырғаннан соң шыққан сабан.* **3.** *Бұрқыраған қар, топырақ, күл; шаң-тозаң, көңқоқыс.*

**ТОПАН**[2] зат. *Жер бетін басқан тасқын су, сел.*

**Топан су.** миф. а) *Діни аңыздардан белгілі Нұқ пайғамбар (ғ.с.) заманында болған, адамзат баласына қырғын әкелген жойқын су апаты; діни наным бойынша бүкіл жер бетін басқан әлемдік су тасқыны [Ескі діни ұғым бойынша «жер жүзін сел басу» мағынасында айтылады].* ә) сушар. *Жерасты суы деңгейінің күрт көтерілуінен немесе өзен-көлдер суының (әсіресе көктем – жаз айларында) арнасынан асып кетуінің салдарынан болатын табиғи құбылыс.* б) *Өзеннің, көлдің немесе теңіздің су деңгейінің көтерілуі салдарынан аумақты су басу.* **Топан су қаптады.** а) миф. *Нұқ пайғамбар (ғ.с.) заманында адамзат баласына келген жойқын су апаты болды.* ә) экспр. *Барлық пәле бір басына үйіліп-төгілді.*

**ТОПАН**[3] зат. **1.** *Көлем, бір нәрсенің қарамы.* **2.** ауыс. *Сөз тасқыны деген мағынада.*

**ТОПАН**[4] зат. жерг. *Тезектің ұсағы, үгіндісі.*

**ТОПАН**[5] зат. бот. *Екпе шөп.*

**ТОПАНДА**[1]**=** ет. *Майда шөп-шардан ажырату.*

**ТОПАНДА**[2]**=** ет. **1.** *Ағыл-тегіл төгілу, селдеу.* **2.** ауыс. *Молаю, көбею.* **3.** *Көлемді етіп қарбыту, молынан алу.*

**ТОПАНДАЙ** үст. *Топан тәрізді, топанша.*

**ТОПАНДАН=** ет. *Шөп-шарға, қоң-қоқысқа айналу.*

**ТОПАНДАТ=** ет. *Селдету, нөсерлету.*

**ТОПАНДАТУ** *Топандат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПАНДАУ** *Топанда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПАНДЫ** сын. *Лайлы, ботана.*

**ТОПАНСЫЗ** сын. *Таза, топаны жоқ.*

**ТОПАНША**[1] зат. жерг. *250 грамдық тас шай.*

**ТОПАНША**[2] үст. *Селдей, топан судай.*

**ТОПАР**[1] зат. көне. *Топ, жиын.*

**ТОПАР**[2]**: топар аяқ**. жерг. *Қойдың тұяқ ауруы.*

**ТОПАР**[3]**: топар болды.** жерг. *Өтпей қалды (балта туралы).*

**ТОПАРАЛ** [итал. arcipelago] зат. геогр. **1.** *Бір-біріне жақын орналасқан аралдар тобы.* **2.** *Эгей теңізі аралдарының барлық жиынтығының сирек қолданылатын атауы.*

**ТОПАРАЛЫҚ** сын. *Топтар арасындағы.*

**ТОПАС** сын. **1.** *Ой-өрісі тар, надан, ақымақ, кеще.* **2.** *Қайырымсыз, тасжүрек.* **3.** *Тозық, мүжілген.* **4.** *Шорқақ, икемсіз, қабілетсіз.* **5.** *Дөрекі, тұрпайы, сөзі түйеден түскендей.*

**ТОПАСТАН=** ет. *Мигұла болу, кещелену.*

**ТОПАСТАНДЫР=** ет. *Ой-өрісін төмендету, наданға айналдыру.*

**ТОПАСТАНДЫРУ** *Топастандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПАСТАНУ** *Топастан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПАСТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Мигұла болушылық, кещеленушілік.*

**ТОПАСТАУ** сын. **1.** *Ой-өрісі төмендеу, надандау, кещелеу.* **2.** *Томаға-тұйық, бұйығы.*

**ТОПАСТЫҚ** зат. **1.** *Ой-өрісі тарлық, надандық, кещелік.* **2.** *Ожарлық, дөрекілік, ноқайлық.* **3.** *Есуастық, есалаңдық.* **4.** *Жүзі мұқалғандық, өтпестік.*

**ТОПАТАЙ**[1] зат. **1.** *Қайыңның қабығынан жасалған, жолға алып жүретін кішкентай шыңғыл ыдыс.* **2.** *Кішірек ағаш шелек.* **3.** әск. *Аузы бұрап жабылатын, тамақ құйып алып жүруге арналған, темірден жасалған шағын тостағанша.*

**ТОПАТАЙ**[2] сын. *Ұсақ, қуйкі.*

**ТОПАТАЙДАЙ** сын. *Торсықтай, тостағандай.*

**ТОПА-ТОРСАҚ** үст. *Қалай болса солай, тектен-тек, бостан-босқа.*

**ТОПА-ТОРЫСТАН** үст. *Күтпеген жерден.*

**ТОПАЯҚ** сын. жерг. кәс. *Ақсақ.*

**ТОПБАСШЫ** зат. ***Топбасы.***

**ТОПБАСЫ** зат. *Кішігірім қауым, топтың басшысы, жетекшісі.*

**ТОПБҰЗАР** сын. ***Топжарған.***

**Топбұзар ат.** *Өрен жүйрік, бәйге аты.*

**ТОП-ДҮРМЕК** зат. *Адамдар тобы.*

**ТОПЖАРҒАН** сын. **1.** *Ең озық, үздік.* **2.** *Өжет, батыл.*

**ТОПЖЕЛІН** зат. кәс. *Саулық малдың желінінің ауруы, ісініп қатайып қалуы.*

**ТОПКӨЗ** сын. кәс. *Білеу-білеу, жұп-жұмыр [Жылқы семіздігінің көрсеткіші, сойған кезде қазысының білеуленіп, домалақ болып бөлінуі].*

**ТОПҚАЗЫ** зат. кәс. *Бабы үйлеспеген және жарату талабы келіспеген жылқы немесе аушы құсының ауыр жүріс пен қозғалысты көтере алмай ішектерінің қызметі бұзылуынан болатын ауру.*

**ТОПҚЫШ** зат. жерг. ***Топса.***

**ТОПИНАМБУР** зат. бот. ***Жер алмұрты.***

**ТОПИЫН** зат. бот. *Таулы өңірлерде, бұта арасында, шалғынды жерлерде өсетін, биіктігі 30-80 см-дей, бұршақ тұқымдас, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТОПОГЕНЕЗИЯ** зат. әск. *Арнайы тазалау пункттерінде, моншада, санитариялық-өткізгіштік немесе залалданбаған су қоймаларында адам үстіндегі радиоактивтік, улағыш заттар мен бактериялық құралдарды сабынмен жуып, киімді міндетті түрде ауыстыру.*

**ТОПОГЕОДЕЗИЯЛЫҚ: топогеодезиялық қамтамасыз ету.** әск. *Әскерлерді топографиялық және арнайы карталармен, бастапқы геодезиялық, гравиметриялық мәліметтермен және басқа да топографиялық құжаттармен қамтамасыз ету түрлерінің бірі.*

**ТОПОГРАФ** зат. *Топография маманы.*

**ТОПОГРАФИЯ** [грек. topos – орын, жер, grapho – жазамын] зат. **1.** *Геодезия ғылымының жер бедері құрылысын өлшеп, оның жоспарын жасаумен, картаға түсірумен айналысатын саласы.* **2.** *Жер бетінің және ондағы жеке пункттердің картадағы орналасу көрінісі.*

**ТОПОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Топографияға тән.*

**Топографиялық бағдарлау.** әск. *Көкжиектің бағыттары мен өз орнын (тұрған нүктесін) қоршаған бірнеше зат пен жер бедерінің бөлшектеріне қатысты анықтап, оларға дейінгі қашықтықты өлшеу.* **Топографиялық барлау.** әск. *Топогеодезиялық қамтамасыз ету тапсырмаларын орындауға қажетті мәліметтер табу.* **Топографиялық белгілер.** әск. *Жергілікті заттардың топографиялық карталардағы шартты (графикалық, әріптік, сандық) белгілері.* **Топографиялық дайындық.** әск. *Қарулы күштердің жеке құрамын жергілікті жерді бағалап, зерттеу тәсілдеріне, ол жерде бағдарлана білуге үйрету, топографиялық және арнайы карталарды, бастапқы астрономия-геодезиялық, гравиметриялық мәліметтерді және жергілікті жердің фотоқұжаттарын, сондай-ақ навигация құралдарын қолдана білуге, ұрыс қимылдарын ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі далалық өлшемдерді шығара білуге үйрету; жауынгерлік дайындық пәні.* **Топографиялық жоспар.** әск. *Масштабы 1:10 000–25 000 қатынастағы арнайы карта.* **Топографиялық карта.** *Белгілі бір аймақтағы елді мекендер мен географиялық нысандардың орналасуы мен бір-біріне қатынасын көрсетіп беретін карта.* **Топографиялық контур.** экол. <франц. contour – сыртқы пішін сызығы, грек. topos – орын, жер, grapho – жазу> *Картографиялаудың тақырыбы болып табылатын қандай да бір құбылыстың салыстырмалы бірдей көрінуімен картада немесе жоспарда белгіленген салыстырмалы біртекті бөлікшені (ауданын немесе көлемін) көрсететін сызық.* **Топографиялық сипаттама.** сушар. *Бөгеннің негізгі топографиялық сипаттамалары ретінде айдын ауданы мен көлемінің тежелу деңгейі араларын байланыстыратын қисық сызықтар немесе бұл сипаттамаларды анықтау үшін жергілікті жердің горизонталды планы түріндегі болашақ су басатын ауданның ірі масштабтағы планды-биіктігі бейнелетін түсірулер.* **Топографиялық түсіру.** әск. *Жергілікті жердің жоспары мен топографиялық картасын жасау кезіндегі орындалатын жұмыс кешені.* **Топографиялық шартты белгілер.** әск. *Графикалық, цифрлық, мәтіндік белгілер жүйесі [Олар жергілікті жерді түстеріне қарай топографиялық карталарда бейнелеу үшін қолданылады].* **Топографиялық элементтер.** әск. *Біркелкі белгілері бойынша белгілі бір топтарға біріктірілген жергілікті жердегі табиғи және жасанды нысандар. [Оған жататындар: бедер, елді мекендер, өндіріс кәсіпорындары (өнеркәсіп және ауылшаруашылық), жол торабы, топырақ-өсімдік жамылғылары, гидрография (өзендер, көлдер, су қоймалары және т.б.)].*

**ТОПОКАРТ** зат. геод. *Негізінен аэрофотосуреттерді өңдеуге арналған стереофотограмметриялық әмбебеп аспап [жердегі суреттерді өңдеуге де пайдаланылуы мүмкін].*

**ТОПОЛОГИЯ** [грек. topos – орын, жер, logos – ұғым] зат. мат. 1. *Математиканың үздіксіздік идеясын анықтау және зерттеу мәселелерімен айналысатын саласы.* **2.** инф. [ағыл. topology] *Есептеу желісіндегі мәшинелердің физикалық конфигурациясы, яғни қандай түйіндер жұбы өзара байланыса алатынын көрсететін физикалық жалғастыруды бейнелеу.*

**ТОПОНИМ** зат. лингв. *Географиялық атаулар.*

**ТОПОНИМИК** зат. лингв. *Жер-су аттарын зерттеуші ғалым.*

**ТОПОНИМИКА** [грек. topos – орын, жер, onyma – ат, атау] зат. лингв. *Ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық нұсқасын, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі.*

**ТОПОНИМИЯ** зат. лингв. *Белгілі бір жердегі географиялық атаулардың жиынтығы.*

**ТОПОХИМИЯ** зат. **1.** кен. *Қатты дене химиясының бір саласы.* **2.** хим. *Реагенттердің фазалар арасындағы жанасу бетінде қатты өнімдердің түзілуіне әкелетін, қатты реагенттер арасындағы химиялық реакцияларды зерттейтін химия бөлімі.*

**ТОПОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Топохимия саласына қатысты, соған тән.*

**Топохимиялық реакциялар.** хим. *Қатты денелердің қатысуымен жүретін химиялық реакциялар.*

**ТОППАС** зат. өс. жерг. *Басында дәні бар, аласа, мал азығына жарамды, тікенді өсімдік.*

**ТОПСА** зат. *Оңай ашылып-жабылып тұру үшін есік-терезенің бір жақ жақтауы мен таянышына орнатылатын темір шығыр.*

**Топса көрген [кісі].** *Жол-жораны, көпті көрген адам.* **Топсасы босады.** *Көңілі, иі жібіді.*

**ТОПСАЛА=** ет. *Екі нәрсенің қиюына топса орнату.*

**ТОПСАЛАТ=** ет. *Топса салдыру.*

**ТОПСАЛАТУ** *Топсалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПСАЛАУ** *Топсала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПСАЛЫ** сын. *Топсасы бар, топса арқылы ашылып-жабылатын.*

**Топсалы білезік.** қолөнер. *Ашылып, жабылатын топсасы бар, топса арқылы киіліп, шешілетін білезік.* **Топсалы монтаж.** инф. <ағыл. point-to-point wiring> *Топсалы элементтерді тақшаға тікелей дәнекерлеу мен жалғастыру арқылы іске асырылатын электрондық жабдық монтажы.*

**ТОПСАСЫЗ** сын. **1.** *Топсасы жоқ, топса салынбаған.* **2.** ауыс. *Бос, пысық емес, аңқау.*

**Топсасыз мінез.** *Кек сақтамайтын мінез.*

**ТОПСЕРУЕН** зат. пед. <лат. excursio> *Оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылуының әр алуан заттар мен құбылыстар аясында, табиғи жағдайларда немесе мұражайларда, көрмелерде және т.б. бақылауға және зерделеуге мүмкіндік беретін нысаны.*

**ТОПТА=** ет. *Бір жерге топ-топ етіп жинау, шоғырлау.*

**ТОПТАҒЫШ** сын. *Топ құрушы, ұйымдастырушы, басын біріктіруші.*

**ТОПТАЙ** үст. *Тобымен, топ-тобымен.*

**ТОПТАЛ=** ет. **1.** *Жиналу, бастары қосылу.* **2.** *Бірігу, тізе қосу.* **3.** *Үйірілу, айналсоқтау.*

**ТОПТАЛУ** *Топтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАЛЫС=** ет. *Жиналысып қалу.*

**ТОПТАЛЫСУ** *Топталыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАМА** з а т. **1.** к і т. <лат. series> *Заттар жиынтығы, тобы.* **2.** ә д е б. *Тақырыбы мен мазмұны жағынан өзара жақын шығармалар жинағы.* **3.** и н ф. [ағыл. family] *Ортақ қасиеттері бар объектілер жиынтығы; үйлесімді компьютерлік немесе бағдарламалық өнімдердің жиынтығы.*

**ТОПТАМАЛЫҚ: топтамалық бұйымдар.** *Сериялық бұйымдар.*

**ТОПТАМАШЫ** з а т. <франц. colectionneur> *Ғылыми, көркемдік, тарихи т.б. маңызы бар заттарды, бұйымдарды жинаушы, коллекционер.*

**ТОПТАН=** е т. **1.** *Жиналу.* **2.** *Топ-топ болу, топ құрау.*

**ТОПТАНДЫР=** е т. **1.** *Топтастыру, жинау, үйіру.* **2.** а у ы с. *Жүректі айныту, іштi кептіру, бейжай қылу.*

**ТОПТАНДЫРУ** *Топтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАНУ** *Топтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАНЫС=** е т. *Жиналысу, топ-топ болысу, топтасу.*

**ТОПТАНЫСУ** *Топтаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАРҚАТАР** з а т. ж е р г. э т н. *Айырылысу, бөліну салты; бір жаққа кететін адамдарды шақырып қонақ ету салты.*

**ТОПТАП-ТОПТАП** ү с т. *Жинақтап, топ-топ етіп.*

**ТОПТАС=** е т. *Бір жерге жиналысу, бас құрап бірігу.*

**ТОПТАСҚАНДЫҚ** з а т. *Тас-түйін болып біріккендік.*

**ТОПТАСТЫҚ** з а т. *Топ, жиын.*

**ТОПТАСТЫР=** е т. **1.** *Бастарын құрау.* **2.** *Жинастыру; жинақтау.*

**ТОПТАСТЫРҒЫШ** з а т. <ағыл. classificator> **1.** *Классификатор, топқа бөліп жіктеуші.* **2.** и н ф. *Атаулар мен кодтарды жіктейтін топтардың бір жүйеге келтірілген жинағы.* **3.** т е х. *Минералдық түйірлердің қоспаларын ірілігіне, тығыздығына және пішініне байланысты топтарға бөлу аппараты.*

**ТОПТАСТЫРУ** *Топтастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Біріктіру.* **2.** *Ұйымдастыру, құрау.* **3.** *Қатарына тарту.* **4.** *Жинау, жинақтау.* **5.** и н ф. <ағыл. grouping> *Біртектес қасиеттеріне сай бір жүйеге келтірілетін объектілерді өзінше дербес жаңа объект-топтарға біріктіріп жүйелеу.*

**ТОПТАСТЫРУШЫ** з а т. *Басын қосушы, ұйымдастырушы.*

**ТОПТАСТЫРЫЛ=** е т. **1.** *Жинақталу, біріктірілу.* **2.** *Басы қосылу, шоғырлану.* **3.** *Ерекшелігіне қарай жіктелу, жүйелену.*

**Топтастырылған құдықтар.** с у ш а р. *Бірер құдықтың суымен тұтынушыларды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда тұтынушылардың қажетін өтеу мақсатымен қазылатын қосымша құдықтар жиынтығы.*

**ТОПТАСТЫРЫЛУ** *Топтастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПТАСУ** *Топтас етістігінің қимыл атауы.*

**Топтасып секіру.** с п о р т. *Оқу барысында немесе спорт жаттығулары кезіндегі бір сәтте бірнеше адамның топтасып суға секіруі.*

**ТОПТАУ** *Топта етістігінің қимыл атауы.*

**Топтау [кодтарды ықшамдау] әдісі.** и н ф. <ағыл. convolution method> *Кездейсоқ араластыру әдістерінің бірі.*

**ТОП-ТОБЫМЕН** ү с т. *Топ-топ болып.*

**ТОП-ТОЛЫҚ** с ы н. *Тығыршықтай, семіз.*

**ТОП-ТОМПАҚ** с ы н. *Томпиған, томпиып тұрған.*

**ТОП-ТОП**[1] е л і к. *Топ-топ, дүрс-дүрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**Топ-топ етті.** *Аяғымен жерді топылдатты, дүрсілдетті.*

**ТОП-ТОП**[2] с ы н. **1.** *Бірнеше топ, шоғыр-шоғыр.* **2.** *Лек-лек.*

**ТОП-ТОПТАН** ү с т. *Топ-топқа бөліп, молынан.*

**ТОПТЫ: топты жан [бала, кісі т.б.].** *Бір топ адам, бір жерге шоғырланған, топталған қауым, біраз жұрт.*

**ТОПТЫҚ** с ы н. **1.** *Белгілі бір адамдар тобына тән.* **2.** *Кешенді, тораптық.*

**Топтық адаптер.** и н ф. <ағыл. groupadapter> *Компьютердің мәліметтерді жеткізетін бірнеше желілермен байланысын және оның қашықтағы көптеген тұтынушылармен жұмыс істеуін ұйымдастыратын көп арналы құрылғы.* **Топтық атау.** и н ф. <ағыл. group name> а) *Топтық мәліметке телінетін атау;* ә) *Бір типті құрылғылар тобына телінетін атау.* **Топтық ауатаратқыш** к е н. *Сығылған ауаның тұтыну орнына тікелей жақын орналастырылатын тұмшаланған металл ыдыс [Осы арқылы бір мезгілде бірнеше бұрғы машинасы бір құбыр өткізгішке қосылады және ол майды, суды бөліп алудың соңғы сатысы болып табылады].* **Топтық бомба тастау.** ә с к. *Ұшақтар тобының нысанына бір ұрыстық реттен шабуылдап, оған үздіксіз бомба жаудырып жоятын, сондай-ақ өз қатарының қорғаныстық қабілетін қамтамасыз ететін бомбалаудың бір түрі.* **Топтық жаттығу.** ә с к. *Офицерлер құрамының оперативтік және тактикалық дайындығының нысаны.* **Топтық желі.** и н ф. <ағыл. party line> *Терминалдармен, шоғырлауыштармен және компьютермен жалғанған байланыс желісі.* **Топтық жылдамдық.** ф и з. *Гармониялық емес толқындардың таралуын сипаттайтын жуық шама; кеңістікте уақыттың әрбір мезетінде белгілі бір көлемде шектелген толқындар түйдегін құратын толқындар тобының немесе тізбегінің қозғалыс жылдамдығы.* **Топтық қару.** ә с к. *Ұрыста тұтас топ (есептоп), екі немесе одан да көп адам қызмет көрсететін қару (артиллериялық қару, пулемет және т.б.).*

**Топтық май құюшы.** ә с к. *Бір уақытта бірнеше әскери техникаға май құятын жиналмалы-бөлшектемелі және жылжымалы құрал-жабдықтар кешені.* **Топтық операция** и н ф. <ағыл. group operation> *Топтық мәліметтермен-жиымдармен және құрылымдармен орындалатын операция.* **Топтық сабақ.** ә с к. *Оқып-үйренілетін теориялық білімдерді бекіту және практикалық іс-қимыл дағдысын дарыту мақсатында жүргізілетін сабақ [Үйренушілер бір топқа жиналып, командирдің жетекшілігімен белгіленген бір лауазымдық адамның іс-қимылын орындайды].* **Топтық хабар.** и н ф. <ағыл. the group message> а) *Байланыс желісі бойынша берілетін бір хабарға біріктірілген хабарлар жиыны (дестесі).* ә) *Бірден артық абонентке жіберілетін хабар.* **Топтық ықпалдастық.** п е д. *Топішілік қатынас бірлігі, ортақ құндылықтар, өзара қарым-қатынастарды тиімділеу мәселелерін реттеу, құрылымдау процесі.* **Топтық іс-әрекет.** п е д. *Адамдардың іс-әрекетіне, топқа кіретін әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық феномен, қарым-қатынас нәтижесі.* **Топтық ядролық соққы.** ә с к. *Қарсыластың бір немесе бірнеше объектісіне бір мезгілде бірнеше ядролық соққы беру.*

**ТОПЫЛУ** к ө н е. *Көп адамның бір жерде тоғысуы, әрі-бері көп жүру, сабылу.*

**ТОПЧАН** з а т. ж е р г. ***Тапшан*** *(тақтайдан жасалған, адам отыратын және жатып демалатын кереует, сәкі).*

**ТОПША** з а т. ж е р г. ***Топшы.***

**ТОПШАЛА=** е т. с ө й л. ***Топшыла*** *(топшылау, пайымдау).*

**ТОПШАН** з а т. ж е р г. *Төсекағаш; сәкі.*

**ТОПШЫ**[1] з а т. **1.** *Адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.* **2.** *Қанат.*

**ТОПШЫ**[2] з а т. к ө н е. ә с к. *Иыққа тағылатын әскери дәрежелік белгі.*

**ТОПШЫ**[3] з а т. к ә с. **1.** *Қамшы ұшындағы өткермелеп тастаған түйін.* **2.** *Көген бұршағының бір жақ басындағы тобыршық (түйме).* **3.** *Арқан-жіптің, құстың ірге бауы ұшындағы өткермеленген түйін.*

**ТОПШЫДАЙ** с ы н. *Топшы тәрізді.*

**ТОПШЫҚ** з а т. к ө н е. *Киімге жапсырып тігетін металл табақша.*

**ТОПШЫЛА=** е т. **1.** *Бір нәрсе жайлы ойша жорамал жасау, болжау.* **2.** *Қорытындылау, тұжырымдау.*

**ТОПШЫЛАҒЫШ** с ы н. *Болжағыш, аңғарымпаз.*

**ТОПШЫЛАН=** е т. *Тұжырымдалу; жинақталу, зерделену.*

**ТОПШЫЛАНУ** *Топшылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПШЫЛАС=** е т. *Жорамал жасасу, болжам.*

**ТОПШЫЛАСУ** *Топшылас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПШЫЛАТ=** е т. *Болжату, жорамалдату.*

**ТОПШЫЛАТУ** *Топшылат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПШЫЛАУ** *Топшыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПШЫЛАУ-ТОЛҒАУ** з а т. *Таным-түсінік, пайымдау.*

**ТОПШЫЛАУ-ТҰЖЫРЫМ** з а т. *Пайымдау, ой-пікір.*

**ТОПШЫЛАУШЫ** з а т. *Жорамал жасаушы.*

**ТОПШЫЛДЫҚ** з а т. с а я с и. *Белгілі бір саяси-әлеуметтік топтың мүддесін жақтаушылық.*

**ТОПШЫЛЫ** с ы н. **1.** *Топшысы көзге ұрып тұрған; иықты.* **2.** *Металл топшысы бар, топшы тігілген.*

**ТОПШЫЛЫҚ** з а т. *Киімнің топшы тағылатын иық тұсы; иық.*

**ТОПШЫСЫЗ** с ы н. *Топшысы жоқ.*

**ТОПЫ** з а т. **1.** *Жан-жағы тік, төбесі шошақ, жаздық тақия.* **2.** з а т. ж е р г. *Жас балаға арналып мақта салып сырып тіккен баскиім.*

**ТОПЫ=** е т. ж е р г. *Бату, топырлап суға кету.*

**ТОПЫДАЙ** с ы н. *Топы, тақия тәрізді.*

**ТОПЫЛ=** е т. ж е р г. **1.** *Топырлау, иін тіресу.* **2.** а у ы с. *Алмасу, итжығыс түсу.* **3.** а у ы с. *Астаң-кестең шығу, тапталу.*

**ТОПЫЛДА=** е т. **1.** *Қайта-қайта топ-топ ету.* **2.** *Топырлау, топ-топ болу.*

**ТОПЫЛДАТ=** е т. **1.** *Топ-топ еткізу.* **2.** *Бұрқырату, топырлату.*

**ТОПЫЛДАУ** *Топылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПЫЛТ=** е т. **1.** *Топ-топ еткізу, дүрсілдету.* **2.** ж е р г. *Топырлату, бұрқырату, төпелеу.*

**ТОПЫР** з а т. **1.** *Көп болып жиналған топ, ығы-жығы халық.* **2.** *Тобыр.*

**Топыр қақты.** *Үймеледі, топырлады.* **Топыр қылды.** *Астаң-кестең етті.* **Топыр салды.** *Асыр салды, ойнақтады, топырлады.*

**ТОПЫРАҚ**[1] з а т. **1.** *Жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ қабаты.* **2.** э к о л. *Атмосфераның, литосфераның, биосфераның және физикалық, химиялық, биологиялық процестердің әсерінен түзілген жер қыртысының борпылдақ беткі қабаты.*

**Топырағы ауыр.** *Салмақты, сабырлы.* **Топырағы жеңіл.** *Сөзге, атаққа іліккіш кісі туралы айтылады.* **Топырағыңды жеріңнен бұйыртсын! [жазсын!].** *Өз жеріңде дүние сал деген мағынада айтылады.* **Топырағы торқа болсын!** д і н и. *Жатқан жері жайлы болсын деген мағынада дүние салған адамға айтылады.* **Топырағы ұшты.** ж е р г. *Абыройлы болды, атағы шықты, жұртқа белгілі болды.* **Топырақ ағзалары.** э к о л. *Топырақта тіршілік ететін және оған тікелей не жанама әсер ететін барлық тірі тіршілік иелері.* **Топырақ аналық жынысы.** г е о г р. *Биологиялық және биохимиялық процестердің, сонымен қатар адам қызметінің әсерінен топыраққа айналатын таужыныстарының беткі қабаты [Олар шығу тегіне (мыс., аллювиалды, шашырап шыққан жыныстар), хим.-минералог. қасиеттеріне (карбонатты, кварцты),*

*түйіршік құрамына (құмды, батпақты, балшықты, т.б.) қарай бөлінеді].* **Топырақ асты суармалау.** сушар. *Жер бетінен 40–60 см тереңдіктегі топырақ қабатында, әртүрлі ылғалдандырғыш құрылымымен өсімдік тамырына су жеткізу арқылы суармалау.* **Топырақасты суы.** геол. *Әдетте байланысқан жарғақ су түрінде болатын құрғақ топырақасты горизонтындағы ылғал (су).* **Топырақ аэрациясы** сушар. <грек. aer> *Топырақ пен атмосфераның ауа алмасуы.* **Топырақ аэрациясы аймағы.** сушар. *Топырақ арасындағы саңылаудың, кеуегінің ауамен толуынан аэрация процесі жүретін топырақ қалыңдығы.* **Топырақ бетінің қатуы.** экол. *Жер бетінен тиімді сәулелену әсерінен 2 м биіктікте ауаның температурасы болғанда топырақ және өсімдік температурасының түнде $0^0$ С-қа дейін және одан да төмендеуі.* **Топырақ бұйырды.** *Жерленді деген мағынада [Бұл көбіне белгілі бір жерде дүниеден қайтты деген ұғымда қолданылады].* **Топырақ бұйырмады.** *Жат жерде дүниеден өтті; сүйегі далада қалды.* **Топырақ гидрологиясы.** геогр. *Топырақтың сулық қасиетін, топырақ ылғалдылығының араласу түрлері мен заңдылықтарын, топырақтардың су режимін зерттейтін топырақтану ғылымының саласы.* **Топырақ дефляциясы.** сушар. *Топырақтың жел әсерінен болатын эрозиясы.* **Топырақ ерітіндісі.** сушар. *Топырақ арасындағы ылғалдың (су) газ ерітіндісімен, минералды және органикалық заттармен араласуынан болатын топырақтың сұйық фазасы.* **Топырақ жәндіктері мен микроорганизмдері.** сушар. *Топырақты табиғи тіршілік ортасы ретінде пайдаланатын әртүрлі тірі ағзалар; топырақтың тірі қабаты.* **Топырақ картасы.** экол. *Топырақ түрлерінің жер бетінде таралуын, қасиеттері мен ерекшеліктерін сипаттайды.* **Топыраққа әк қосу.** сушар. *Қышқыл топырақтарды химиялық жолмен мелиорациялау әдісі.* **Топырақ қабаты.** экол. *Топырақ түзілу процесінде жекелеу, жер бетіне параллель орналасқан біршама біртекті топырақ қабаты.* **Топыраққа тыңайтқыш енгізу.** экол. *Өсімдік жақсы өсіп-дамуы үшін топыраққа әртүрлі заттектер мен агенттерді енгізу.* **Топырақ қорғау мелиорациясы.** сушар. *Топырақ пен жердің құнарлы қыртысын жел мен судың бұзуына қарсы қолданылатын мелиорациялық шаралар жинағы.* **Топырақ құнарлылығы.** экол. *Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің мол түсімділігін, сондай-ақ табиғи фитоценоздардың биологиялық өнімділігін қамтамасыз ететін топырақ қасиеттерінің жиынтығы.* **Топырақ құрылымы.** экол. *Көлемі, пішіні, физикалық және химиялық қасиеттері (соның ішінде механикалық төзімділігі, суға төзімділігі т.б.) әртүрлі топырақ агрегаттарының жиынтығы.* **Топырақ қыртысы.** экол. *Жер бетінің сыртқы қабаты.* **Топырақ өңдеу.** аулшар. *Ауыл шаруашылық дақылдарының өсіп-өнуіне қолайлы жағдайлар жасау үшін топырақ өңдеуші машиналар мен құралдардың жұмысшы органдары арқылы топыраққа механикалық әсер ету.* **Топырақ салды [тастады].** а) *Жерлеуге қатысты.* ә) *Дүниеден қайтқан адамның зиратына барып еске алды, құран бағыштады.* **Топырақ салысты.** *Жерлесті, көмісті.* **Топырақ сулары.** сушар. *Топырақ қыртысында төмен жатқан сулы қабаттармен гидравликалық байланысы жоқ онша өткізімді емес қабаттардағы тамшылық-сұйық сулардың уақытша жиналуы.* **Топырақ суы.** жерг. кәс. а) *Егінге бірінші рет берілетін су.* ә) геол. *Топырақ қабатында (аэрация зонасы) молекулалық тартылыс күшінің әсерімен түйіршіктерге жабысып тұратын су (ылғал).* **Топырақ суыру.** жерг. *Топырақ борау.* **Топырақ суы түрлері.** сушар. а) *Молекуласы $H_20$ түрінде сұйық немесе қатты фазада болатын, қозғалу деңгейі және өсімдіктердің пайдалануы үшін қолайлылығы бойынша ерекшеленетін су;* ә) *Жердің топырақ қабатындағы, түрлі нысандағы су (мұз); байланысқан (берік және бос байланыстағы), еркін (мыс. гравитация) және бу күйіндегі су.* **Топырақтағы жылу алмасу.** экол. *Күн сәулесінен түскен жылудың топырақ қабаттарына еніп, жоғарыдан төмен қарай жылжуы немесе кері бағытта алмасу процесі.* **Топырақтағы ылғал айналымы.** сушар. *Топыраққа ылғал жиналу процесінің жинағы және оның топырақтан пайдаланылған шығыны.* **Топырақтағы ылғал қоры.** сушар. *Белгілі бір уақыттағы топырақ қыртысындағы ылғалдың абсолюттік мөлшері, су теңдестігін есептеуде қолданылатын көрсеткіш өлшемі: су қабатына миллиметр немесе гектарына текше метр.* **Топырақтағы ылғал тапшылығы.** сушар. *Топырақтағы ылғалдың қолайлы деңгейге дейін жетіспеушілігі.* **Топырақтар географиясы.** геогр. *Топырақтың қалыптасуы мен кеңістік бойынша орналасу заңдылықтарын зерттейтін физикалық-географиялық ғылым саласы [топырақтану, сондай-ақ геоморфология, геоботаника, ландшафттану ғылымдарымен тығыз байланысты].* **Топырақ түзуші.** экол. *Топырақ құраушы, түзуші.* **Топырақты бөгет.** сушар. *Көлденең қимасы әр пішінді болып, топырақты материалдан (құм, саз, топырақ және т.б.) салынған бөгет.* **Топырақты гипстеу.** сушар. *Химиялық мелиорация тәсілдерінің бір түрі; топырақ құрамына гипс ($CaS0_4$ $2H_20$) енгізе отырып, оның артық қышқылдық қасиеттерін сілті арқылы кетіру; сор және сортаңдау жердің топырағындағы натрий кальциймен сіңіріп алмастыру арқылы топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін жақсарту.* **Топырақ тығыздығы.** экол. *Табиғи қалыптасуы бұзылмай алынған құрғақ топырақ массасының оның көлеміне қатынасы.* **Топырақты қышқылдандыру.** хим. *Топырақ қышқылдығын төмендететін агрохимиялық операция.* **Топырақты нобайлап өңдеу.** сушар. *Жер өңдеудің агротехникалық тәсілдері немесе жауын-шашын суларының топырақты шаюына, топырақ эрозиясына жол бермеу амалдарының бірі.* **Топырақтың артық ылғалдануы.** сушар. *Топырақ күйі; топырақтың құрамындағы ауа азайып, тотықтану процесі басталатын жұмсақ балшыққа айналу кезеңі.* **Топырақтың ауалануы.** сушар. *Топырақтың жер бетіндегі ауа қабатымен толассыз газ алмасуы.* **Топырақтың әрекетті қабаты.** сушар. *Өсімдік тамырының кең жайылып қорек, ылғал алатын топырақ қабаты.* **Топырақтың жазықтық эрозиясы.** сушар. *Топырақ бетінің эрозиясы, топырақтың үстіңгі құнарлы қабатын жауын-шашын мен жер беті суларының бұзып-шаюынан пайда болатын табиғи құбылыс, топырақтың су эрозиясының бір түрі.* **Топырақтың су өткізгіштік қасиеті.** сушар. *Топырақтың өз қабаттарынан су өткізгіштік қасиеті [Бұл қасиет топырақ тығыздығы мен механикалық құрамына, құрылысына қарай анықталады].* **Топырақтың күпсуі.** сушар. *Топырақтың ылғалданған кезіндегі ісініп, өз көлемін үлкейту қасиеті.* **Топырақтың қажуы.** экол. *Бір дақылдың ауысымсыз өсірілуі салдарынан, тыңайтқыштардың сіңірілуіне және басқа да агротехникалық әдістерге қарамастан түсімділіктің азаюы.* **Топырақтың қатуы.** сушар. *Салқын атмосфераның әсерінен топырақ температурасының 0°С-тан кейінгі суыну кезеңі.* **Топырақтың құнарлануы.** экол. *Топырақтың физикалық құрылымының, химиялық құрамының және биологиялық-физикалық-химиялық қасиеттерінің табиғи жағдайынан ауыл шаруашылығы өндірісіне пайдалы бағытына қарай өзгеру дәрежесі.* **Топырақтың құнарсыздануы.** экол. <франц. degradation> *Негізінен адамның шаруашылық әрекеті әсерінен топырақтың түзілу жағдайының өзгеріп, топырақ қасиеттерінің біртіндеп нашарлауы (қарашіріндің құрамының азаюы, құрылымының бұзылуы, құнарлығының төмендеуі).* **Топырақтың қышқылдығы.** экол. *Топырақ ерітіндісіндегі (белсенді немесе маңызды қышқылдық) және топырақтың сіңіретін кешеніндегі (әлеуетті қышқылдық) сутек иондарының концентрациясы.* **Топырақтың лайлы фракциясы.** экол. *Өлшемі 0,01 мм-ден төменгі топырақтың механикалық элементтерінің жиынтығы.* **Топырақтың ластануы.** экол. *Топырақта, әдетте, оған тән емес физикалық, химиялық немесе биологиялық агенттердің пайда болуы және енуі немесе аталған агенттердің концентрациясының қаралған мезгілде табиғи орташа жылдық деңгейінен асып түсуі.* **Топырақтың оңтайлы ылғалдығы.** сушар. *Өсімдік тамыры жайылатын топырақ қабаты ылғалдылығының жоғарғы транспирация мен қоректік заттарды сіңіру процесіне қолайлы болуы.* **Топырақтың өздігінен тазаруы.** экол. *Топырақтағы жылыстау, айналу, ыдырау, шіру процестері нәтижесінде ондағы ластағыш заттектердің мөлшерінің азаюы.* **Топырақтың санитарлық жағдайы.** экол. *Топырақтың адам денсаулығы мен жануарларға тікелей әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық қасиеттерінің жиынтығы.* **Топырақтың су-ауа режимін реттеу.** сушар. *Инженерлік-техникалық және агромелиорациялық шаралар кешені.* **Топырақтың су беру қасиеті.** сушар. *Жерасты суы деңгейінің төмендеуінен және судың өз салмағының әсерінен өздігінен ағуы арқылы топырақтың сумен қаныққан бөлігінің толық ылғал беру қабілеті.* **Топырақтың су режимі.** сушар. *Топырақ ылғалының түсуін, жылжуын, жағдайының өзгеруін және шығындалуын анықтайтын процестердің жиынтығы.* **Топырақтың су режимін реттеу.** сушар. *Суару жұмыстарын тиімді жүргізу арқылы өсімдіктердің дұрыс өсіп-өнуін қамтамасыз ету.* **Топырақтың сусіңді негізі.** сушар. *Топырақтың сутектен басқа катионды сіңіруі.* **Топырақтың сызықты эрозиясы.** сушар. *Өзек бойындағы эрозия, жауын-шашын суларының шаюынан пайда болатын құбылыс [ақырында үлкен сайға, өзекке айналады].* **Топырақтың сіңбе сулары.** сушар. *Топырақ қабатшасындағы жер асты су жиынтығы* **Топырақтың түнбалануы.** сушар. *Кеуектер мен жарықшалардың тұнбамен бітелуінен топырақтың су өткізгіштігінің кемуі.* **Топырақтың химиялық ластануы.** экол. *Топырақта тірі организмдерге қауіп туғызатын химиялық заттектердің жиналуы.* **Топырақтың шайылуы.** сушар. *Жер қыртысын жауын-шашын және жер беті сулары шаюынан жер қазындысы, сай, жыраның пайда болуы немесе жер асты суының топырақ қабаттарын шаюы.* **Топырақтың ылғалдылығы.** сушар. *Топырақтың құрамындағы қатты (мұз), сұйық және газ (бу) күйіндегі ылғалдың мөлшері.* **Топырақтың ылғалқанықтығы.** сушар. *Топырақтағы ылғал қорының күзгі-қысқы жауын-шашын, еріген қар суы және тасқын су (табиғи) есебінен бір жолғы едәуір толығуы вегетациялық кезеңнен тыс (қар тоқтату, жаңбырлату, жайылма суару т.б.) жүргізілген (жасанды) шаралардың есебінен толықтырылуы.* **Топырақтың ылғалмен қанығуы.** сушар. *Топырақтың ылғалмен қанығу дәрежесінің көрсеткіші [мелиорацияда жер құрғатудың бірден-бір дәреже көрсеткіші ретінде пайдаланылады].* **Топырақтың ылғалтартқыштығы.** сушар. *Топырақтың қатты түйірлерінің ауадан су буын ұстап қалу қасиеті.* **Топырақтың экологиялық функциялары.** экол. *Топырақ түрлерінің, тұтас алғанда биосфераның және жекелеген ландшафттардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілеті.* **Топырақты сумен шаю.** сушар. *Топырақты сумен ағызып әкелу (гидромеханика) арқылы шайып, құрылыс (топырақты бөгет, топырақ үйінділер) тұрғызу.* **Топырақты сілтісіздендіру.** экол. *Топырақтан немесе оның жеке бір қабатынан еріген заттектерді топырақтық ерітіндінің төмен түсетін немесе бүйірлік ағыс әсерімен шаймалау.* **Топырақты таяз өңдеу.** сушар. *Топырақты әртүрлі құралдармен тереңдігі 8-ден 16 см-ге дейін өңдеу, қопсыту,*

*тырмалау және т.б.* **Топырақты ұялау.** сушар. *Жер өңдеудің бір тәсілі [бұлай өңдеген кезде жауын-шашын сулары топырақ қыртысын шаймай, атмосфералық ылғал өңделген жерге сіңіп, ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алынады].* **Топырақты химиялық мелиорациялау.** экол. *Топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерін (pH және сіңірілген негіздердің құрамын) түбегейлі жақсарту үшін химиялық заттектер (химиялық мелиоранттар) енгізу.* **Топырақ үйіндісі.** сушар. *Пайдаланылмай қалған үйінді топырақ немесе экскаватормен жер қазған кездегі немесе жер қазу жұмыстары біткеннен кейін қалған топырақ үйіндісі.* **Топырақ ылғалдылығының режимі.** сушар. *Топырақ ылғалдылығының белгілі бір уақыт аралығындағы сандық және сапалық тұрғыдағы барлық өзгерістерінің жиынтығы.* **Топырақ ылғал өлшеуіші.** геол. *Топырақ ылғалдығын оның жанама белгілері (электрлік, жылуөткізгіштік, механикалық және т.б. қасиеттері) бойынша өлшейтін аспап.* **Топырақ ылғал сыйымдылығы.** сушар. *Топырақтың ылғалды ұстау қабілеті. Ол топырақтың көлемінен немесе массасынан пайызбен көрсетіледі.* **Топырақ ылғалы.** сушар. *Топырақ қабатында (ауалану аймағы) молекулалық тартылыс күшінің әсерімен түйіршіктерге жабысып тұратын ылғал.* **Топырақ ылғалының шамасы.** сушар. *Топырақ құрамындағы судың молекулалық пішінде болуы [Топырақ ылғалының шамасы негізінен жауын-шашын мөлшеріне және жер асты суларының жер бетіне алыс немесе жақын орналасуына байланысты болады].* **Топырақ эрозиясы.** экол. *Тау жыныстарының, топырақтың және жер бетіндегі кез келген түзілулердің табиғи (сумен, желмен, мұздақтармен) және антропогендік факторлардан (ормандарды кесу, жайылымдарда малды көп жаю, құрғақ аудандарда жеңіл топырақтарды жырту, т.б.) бүлінуі (моруы).* **Топырақ алтын болмас, қанша илесең.** бейн. *Қанша тырысқанмен болмайтын нәрседен нәтиже шықпайды.* **Топырақ бойды басты.** *Жоқ қылды, көмді, көзден таса етті.* **Топырақ бұйырды.** *Жерленді, белгілі бір жерде дүниеден қайтты.* **Топырақ жамылды.** *Қаза тапты, өлді.* **Топырақ көрпе жамылдырды.** *Қазаға ұшырату, жер құштыру, өлім әкелу мағынасында.* **Топырақ салды.** *Қайтыс болған адамды қойысты, жерлесті.*

**ТОПЫРАҚАСТЫ: топырақастылық суармалау.** экол. *Жерді топырақ грунт суларының деңгейін реттеу арқылы суармалау.*

**ТОПЫРАҚ**[2] зат. жерг. кәс. *Түкті кілемнің шетіндегі жалпақтығы 4–5 см. тақыр жер.*

**ТОПЫРАҚ**[3]**: топырақ қол.** жерг. *Саусағы жоқ, шолақ қол.*

**ТОПЫРАҚБАС** зат. бот. <лат. prunella> *Басы (масақшасы) қара қоңыр түсті шөптектес өсімдік.*

**ТОПЫРАҚ-КЛИМАТ** зат. *Топырақ және ауа райы.*

**ТОПЫРАҚ-СОПЫРАҚ** зат. сөйл. *Топырақ және сол сияқты заттар.*

**ТОПЫРАҚСОРҒЫШ** сын. *Жойып жіберетін, түк қоймайтын.*

**ТОПЫРАҚТАЙ** сын. *Топырақ тәрізді.*

**ТОПЫРАҚТАНУ** зат. экол. *Топырақ түрлерін олардың генезисін, даму тарихын, құрамы мен қасиеттерін, географиялық таралуын, сондай-ақ топырақты оңтайлы пайдалану мен оның құнарлылығын арттырудың жолдарын зерттейтін ғылым.*

**ТОПЫРАҚТАНУШЫ** зат. кәс. *Жер бетінің үстіңгі қабатын, топырақтың құрамы мен қасиеттерін т.б. зерттейтін ғалым.*

**ТОПЫРАҚТЫ**[1] сын. *Топырағы бар, топырағы мол.*

**ТОПЫРАҚТЫ**[2]**: топырақты өлім.** *Кісі өлімі, қазалы күн.*

**ТОПЫРАҚТЫҚ: топырақтық ылғалайналым.** сушар. *Топыраққа ылғалдың түсуінің және оның топырақтан шығуының барлық процестерінің жиынтығы (булану, жерге сіңу, өсімдіктердің пайдалануы, т.б.).*

**ТОПЫРАҚТЫҚ-МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ: топырақтық-мелиорациялық аудандау.** сушар. *Табиғи және мелиорациялық шаруашылық жағдайына байланысты топырақтың жер бетіндегі таралуына қарай бөлінуі.*

**ТОПЫРАШ** зат. **1.** *Бітімі, жүрісі жайсыз ат.* **2.** ауыс. *Сауатсыз, надан.*

**ТОПЫРАШТАУ** сын. *Жүрісі нашарлау.*

**ТОПЫРАШ-ТОПАС: топыраш-топас күшеген.** *Бұл жерде қайрат қылары жоқ, озары жоқ, жаман-жәутік деген мағынада.*

**ТОПЫРЛА=** ет. **1.** *Көп болып жиналу, үйме-жүйме болу, үймелеу, топыр-топыр ету.* **2.** *Дүрсілдеу.*

**ТОПЫРЛАҒЫШ** сын. *Жиналғыш, үйірілгіш.*

**ТОПЫРЛАС=** ет. *Жиналысу, үйме-жүйме болысу.*

**ТОПЫРЛАСУ** *Топырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПЫРЛАТ=** ет. **1.** *Үйіп-төгу, топ-топ ету.* **2.** *Дүрсілдету.* **3.** *Апыр-топыр ету, астаң-кестең қылу.*

**ТОПЫРЛАТУ** *Топырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПЫРЛАУ** *Топырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТОПЫРЛЫ** сын. *Шоғырланған, тығыз орналасқан.*

**ТОПЫРСЫЗ** сын. *Айқай-шусыз.*

**ТОПЫР-ТОПЫР** үст. *Топ-топ, үйме-жүйме.*

**ТОПЫРШЫҚ** зат. жерг. *Есікті жабатын тетік.*

**ТОПЫРЫҚ** зат. жерг. *Ойнақ; лөкіл, тапырақ.*

**ТОПЫРЫШ** сын. **1.** *Көзге қораш, қарабайыр.* **2.** *Малшы, жалшы.* **3.** *Надан, топас; санда бар да, санатта жоқ.*

**Топырыш ат.** жерг. *Шабан, жүрісі кем ат.*

**ТОПЫРЫШТАУ** сын. сөйл. *Қораштау.*

**ТОПЫТ=** ет. жерг. *Батыру.*

**ТОР**[1] зат. **1.** *Өрмекшінің айқыш-ұйқыш тоқыған заты, өрмекші шылауы.* **2.** *Жіптен кереге көздендіріп, шаршылап тоқылған зат, ыдыс.* **3.** *Темір кереуеттің керегекөзденіп, шынжырланып тоқылған сымтемірі.* **4.** *Балық, құс аулайтын ау, тұзақ.* **5.** кен. *Електердің, шөктіру машиналарының негізгі бөлшектерінің бірі.* **6.** *Уақытша қамау, темір қоршау.* **7.** *Көптеген спорт түрлерінен (баскетбол, волейбол т.б.) жаттығулар мен жарыстар өткізуге қажетті алаң жабдығының бір бөлігі.* **8.** ауыс. *Айла-шарғы, қақпан.* **9.** ауыс. *Ой шырмауы, қиялы.*

**Тор астына берілетін су.** кен. *Шөктіру процесінде камера ішіндегі су деңгейін бір қалыпта ұстау үшін үнемі тор астына беріліп отыратын су.* **Тор [шаң] байланды.** *Шаң, топырақтардың тозаңы жиналды; кірледі.* **Тордан өткен материал.** кен. *Елеу процесінде тордан өткен материал.* **Тордағы тотыдай.** *Шарасыз күй кешті деген мағынада; қапаста өмір сүру.* **Торға түскен торғайдай.** *Панасыз, қорғаусыз, әлсіз, әрекет етуге мүмкіндігі жоқ, шарасыз халде.* **Торға түсті.** а) *Ұсталды, тұтқын болды.* ә) *Еркінен айырылды, кіріптар болды, қамауға алынды.* **Тор ет.** *Шақпақ ет, төрт сабақты бұлшық ет.* **Тор етінен арылды.** *Жүдеді, арықтады, таралды.* **Тор жайды.** а) *Балық аулау үшін ау құрды.* ә) *Қолға түсіруге әрекеттенді, айла-шарғы істеді.* **Тор жасады [құрды].** *Қастықпен тосқауыл, кедергі, бөгет болды.* **Тор көз.** *Кереге көздендіріп жасалған.* **Тор терезе.** *Тор көзді терезе.* **Тор үстіндегі материал.** кен. *Елеу процесінде тордан өтпей, оның үстінде қалатын материал.* **Тор қоршау.** *Бірнеше бөлімнен тұратын, терісі бағалы аңдар, қоян, жабайы аң, құс, ит ұсталатын қоршау.* **Тор құрды.** *Тосқауыл жасады, кедергі, бөгет болды.* **Тор шаш.** поэт. *Қалың жайылған шаш.*

**ТОР**[2] зат. жерг. *Жапқыш, жамылғыш.*

**ТОР**[3] зат. инф. <ағыл. cell; mesh> **1.** *Ұяшықтың немесе регистрдің екілік пішімі.* **2.** *Электрондық кестедегі негізгі бірлік; бағана мен жолдың қиылысқан жеріндегі тіктөртбұрыш.* **3.** *Жад ұяшығы.*

**ТОР**[4]**: тор жорға.** *Торы түсті жорға ат.*

**ТОРАЙ** зат. **1.** *Шошқаның төлі.* **2.** ауыс. *Жексұрын, оңбаған деген мағынада.*

**ТОРАЙДАЙ** үст. *Торайша, торай сияқты етіп.*

**ТОРАЙЛА=** ет. *Шошқаның төлдеуі.*

**ТОРАЙЛАҒЫШТЫҚ** зат. *Төлдегіштік, төлдеу мөлшері.*

**ТОРАЙЛАТ=** ет. *Мегежіндерді төлдету.*

**ТОРАЙЛАТУ** *Торайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРАЙЛАУ** *Торайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРАЙША** үст. *Торай сияқты.*

**ТОРАКОЦЕНТЕЗ** [грек. thorax – көкірек, kentests – тесу] зат. вет. *Ауру себебін анықтау мақсатымен мал кеудесін тесу, ішіндегі суын сорып шығару.*

**ТОРАҚ** зат. жерг. **1.** *Малта, құрттың езілген түрі, қысқы асқатық түрі.* **2.** *Қайнатылған сүзбенің меске салып кептірілген түрі.*

**ТОРАЛ=** ет. **1.** *Ет алу, қоңдану, әлдену.* **2.** ауыс. *Ішіп-жемі молаю, азық-ауқаты көбею.*

**ТОРАЛАҚАЗ** зат. жерг. зоол. *Түсі ақ, қара қанат, жіңішке, ұзын сирақты құс.*

**ТОРАЛҒЫ** зат. жерг. өс. ***Торағы.***

**ТОРАЛТ=** ет. *Әлдендіру, оңалту.*

**ТОРАЛТТЫР=** ет. *Оңалдыру, қоңдандыру, әлдендіру.*

**ТОРАЛТТЫРУ** *Торалттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРАЛТУ** *Торалт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРАЛУ** *Торал етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРАМ** зат. жерг. *Торап, жол торабы.*

**ТОРАҢҒЫ** зат. бот. <лат. populus diversifolia> *Діңі жуан әрі қисық-қыңыр болып келетін шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, терек туысына жататын ағаш.*

**ТОРАҢҒЫЛ** зат. сөйл. ***Тораңғы.***

**ТОРАҢҒҰЛ** зат. сөйл. ***Тораңғыл.***

**ТОРАҢҒЫДАЙ** сын. *Тораңғы тәрізді.*

**ТОРАҢҒЫ-ЖЫҢҒЫЛ** зат. *Тораңғы мен жыңғыл.*

**ТОРАҢҒЫЛДАЙ** сын. *Тораңғыл тәрізді.*

**ТОРАҢҒЫЛЫ** сын. *Тораңғы өскен, тораңғысы мол.*

**ТОРАҢҒЫЛЫҚ** зат. *Тораңғы мол өскен жер.*

**ТОРАҢҒЫ-ТАЛ** зат. *Тораңғы мен тал.*

**ТОРАП** зат. **1.** *Жолдардың тоғысқан жері, түйіскен жері.* **2.** *Астық бастыратын, қырман көтеретін жер.* **3.** инф. <ағыл. node> *Машиненің, құрылғының, тетіктің біршама қарапайым элементтен тұратын бөлігі, желінің жеткізуші ортасына тікелей қосылған кез келген құрылғы.*

**ТОРАПАРАЛЫҚ: торапаралық кеңарна.** инф. <ағыл. interoffice trunk> *Мәліметтерді жеткізу жүйелерінде – бекеттер немесе байланыс тораптарының арасындағы түзу желі.*

**ТОРАПТА=** ет. *Бөлу, жіктеу, топтау.*

**ТОРАПТЫ** сын. *Жолақты; желілі.*

**ТОРАПТЫҚ** сын. *Желілік.*

**Тораптық график.** *Тораптық жоспарлау мен басқаруда технологиялық байланыстардың және әртүрлі жұмыстардың реттілігін бейнелейтін сұлба.* **Тораптық желі.** инф. <ағыл. meshed network> *Бекеттері жұп-жұбымен, яғни әрбір бекет әрқайсысымен жалғастырылған есептеу желісі.* **Тораптық тізім.** инф. <ағыл. the node list> *Ішкі тізімдердің кейбір топтарында бір немесе бірнеше ортақ топтары (өрістер) бар тізбекті тізім.*

**ТОРАУЫЛДА=** ет. сөйл. ***Торуылда.***

**ТОРАША** зат. *Торланған, тоқылған.*

**ТОРБАН** зат. муз. *Бандура тәрізді саз аспабы.*

**ТОРБАС** зат. бот. <лат. oxycoccys> *Мүкжидектің батпақты жерде өсетін түрі, батпақ мүкжидегі.*

**ТОРҒАЙ** зат. зоол. <лат. passer> *Мамық жүнді, сүйір тұмсықты кішкене құс.*

**Торғай қуды.** *Өнбейтін іспен айналысты.* **Торғай тәрізді байғыз.** зоол. ***Байғызша***[1]. **Торғай шырылдағанда.** *Таң алдында, құс сайрағанда.* **Торғайы тұрымтайдай көрінді.** *Асыра бағалады, шексіз жақсы көрді.*

**ТОРҒАЙАУЫЗ** зат. жерг. кәс. *Темір ұста қышқашының ұшкірлеу келген ең кішкене түрі.*

**ТОРҒАЙБАС** зат. бот. жерг. *Торғайқонбас.*

**ТОРҒАЙБАСТАН=** ет. *Түйіршіктену, ұлпалану.*

**ТОРҒАЙБАСТАНДЫР=** ет. *Қобырату, дуда-дуда ету.*

**ТОРҒАЙБАС-ТОРҒАЙБАС** үст. *Ұсақ-ұсақ.*

**ТОРҒАЙДАЙ** сын. **1.** *Өте шағын, кішкентай, титтей.* **2.** *Ұсақ емес, ірілеу.* **3.** *Торғай тәрізді, торғайға ұқсаған.*

**Торғайдай таңмен оянды.** *Ерте тұрды.* **Торғайдай тозды.** *Быт-шыт болып, бей-берекеті кетті.* **Торғайдай шырылдады.** *Шыр-шыр етіп безек қақты, зар иледі.* **Торға түскен торғайдай.** а) *Еркінен айырылып, кіріптар болған.* ә) *Үрейі ұшып, қатты қорқып.* **Торғайдай тозды.** *Бет-бетімен бытырап, тентіреп, қаңғып кетті.*

**ТОРҒАЙДАЙЫН** сын. *Торғайдай, торғай шамалас.*

**ТОРҒАЙЖЕМ** зат. бот. жерг. *Торғайшөп.*

**ТОРҒАЙЖҮЗІМ** зат. бот. *Жылы жақта өсірілетін, ылғал сүйгіш, дәрілік қасиетке ие алқаның (алқаншөптің) қолдан егілетін мәдени түрі.*

**ТОРҒАЙКӨЗ**: **Торғайкөз сауыт.** этн. Өрілген шығыршықтарының арасындағы қуысы өте кіші болатын кіреуке сауыт.

**ТОРҒАЙКӨКБАС** зат. бот. <лат. centaurea iberica> *Торғайқонбас.*

**ТОРҒАЙЛЫҚ** сын. *Торғайдай, торғай тәрізді, торғай гүрлы.*

**ТОРҒАЙҚАРА** зат. бот. *Алабота тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТОРҒАЙОТЫ** зат. өс. *Сораңша, биіктігі 10–30 см, сабағы тік, сор, сортаң, шөлді аймақтағы ойпаңдарда өсетін біржылдық өсімдік.*

**ТОРҒАЙША** үст. *Торғай сияқты.*

**ТОРҒАЙШӨП** зат. <лат. lithospermum> *Бойында ақ түсті нүктелері бар, томар тамыры есілген арқан тәрізді, сыртқы қабығы қаракөк түсті, оралып өсетін көпжылдық шөптектес өсімдік.*

**ТОРҒАУЫТ**[1] зат. көне. *Батырлар киген оқ өтпейтін сауыт.*

**Торғауыт сауыт.** көне. *Бұрынғы батырлар киген сауыттың бір түрі [Моңғол тайпасы торғауыттың атымен аталып кеткен. Көшпелі түркі, моңғол халықтарында кең тараған. Моңғолдар арасында XII–XV ғ-ларда кең қолданыста болған. Торғауыт, қалмақ тайпаларымен соғысқан қазақ батырлары да осы сауытты киген].*

**ТОРҒАУЫТ**[2] зат. **1.** *Ру, жұрт; моңғол тектес ру.* **2.** *Әскери атақ.*

**ТОРҒАУЫТТАЙ** үст. *Торғауыт сияқты.*

**ТОРҒАУЫТШАЛА=** ет. *Торғауытша сөйлеу, торғауыт тіліне аудару.*

**ТОРҒЫЛ** сын. *Торыға жақын түс.*

**ТОРҒЫЛТ** сын. *Солғын торы түс.*

**ТОРҒЫН** зат. **1.** *Қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.* **2.** ауыс. *Үлбіреген, нәзік.*

**Торғын бұлт.** поэт. *Ақ ұлпа бұлт, ұшпа бұлт.* **Торғын ет.** поэт. *Балғын, жұмсақ.* **Торғын жүзді егеу.** *Түрпісі майда егеу.* **Торғын оралды.** бейн. *Ауа буалдырланды.*

**ТОРҒЫНДАЙ** сын. *Торғын сияқты, жібектей.*

**ТОРҒЫНДАЛ=** ет. **1.** *Торлану, қоюлану.* **2.** ауыс. *Бүркелу, тұмшалану.*

**ТОРҒЫНДАН=** ет. **1.** *Құлпыру, жайнау.* **2.** *Қарауыту, бұлдырлану.*

**ТОРҒЫНДЫ** сын. **1.** *Жібектей құлпырған.* **2.** ауыс. *Шым-шытырық.*

**Торғынды жібек.** *Судыраған жібек, жібек мата.*

**ТОРҒЫН-ТОРҚА** зат. **1.** *Қымбат асыл мата, жібек, мауыты; үлде мен бүлде.* **2.** ауыс. *Киім-кешек, тон.*

**ТОРҒЫНШЫ** зат. көне. *Жол торушы, қарақшы.*

**ТОРДАЙ** сын. *Тор тәрізді.*

**ТОРЖАПЫРАҚ** зат. бот. <лат. goodyera> *Жапырағының беті тор-тор болып тұратын шөптесін өсімдік.*

**ТОРЖҮЗГЕН** зат. өс. <лат. cancellatum mattei> *Тарандар тұқымдасы жүзген туысына жататын биіктігі 2 метрге дейін жететін бұта.*

**ТОРИЙ** [лат. torium] зат. хим. *Менделеевтің периодты жүйесіндегі актинидтер қатарына жататын химиялық элемент.*

**ТОРИТ** [ағыл. thorite] зат. геол. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**ТОРКӨЗ** зат. **1.** *Тоқыма дорба.* **2.** кәс. *Шахмат тақтасына ұқсаған екі түстен құралатын өрнек.* **3.** кәс. *Он төрт көкті керегенің төртбұрыш, тар көз тесігі.*

**Торкөз баспалдақ.** [ор. трап] *Өрт сөндіру спортында, жаттығулар мен жарыс кезінде жоғары өрмелеу үшін пайдаланылатын арнайы жабдық.* **Торкөзді кереге.** *Бір қанатында 20-22 уық байлайтын басы бар кереге.*

**ТОРКӨЗШЕ** зат. *Тор сияқты болып көрінетін ұяшық.*

**ТОРҚА**[1] зат. **1.** *Ең қымбат жібек мата.* **2.** ауыс. *Жанға жайлы, сүйкімді; жұмсақ.* **3.** жерг. *Кенеп.*

**Торқа бүлкіл.** бейн. *Желістен жай, аяңнан жылдам, жұмсақ жүріс.* **Торқа кигізді.** *Малындырды, кенелтті.*

**ТОРҚА**[2] зат. жерг. кәс. *Елек, қалбыр; қызылша егісінің жерін өңдеу үшін малдың қиын, қалдығын уақтап елейтін елек.*

**ТОРҚАДАЙ** сын. *Жібектей, жұмсақ.*

**ТОРҚАЙТ=** ет. поэт. *Көркейту, гүлдендіру.*

**ТОРҚАЙШЫҚ** зат. жерг. кәс. *Кеме, қайықтағы балықтарды түсіріп алу үшін қолданылатын сүзгі.*

**ТОРҚАЛА=** ет. **1.** *Тойлау, тамашалау.* **2.** *Жер жырту.*

**ТОРҚАЛАЙ** үст. *Жібек күйінде, маталай.*

**ТОРҚАЛАН=** ет. *Гүлдену, құлпыру.*

**ТОРҚАЛТА**[1] зат. *Оны-мұны салуға арналған, жіптен торлап тоқылған қалта, дорба.*

**ТОРҚАЛТА**[1] [пол. luza] зат. спорт. *Бильярд тақтасының бұрыштарындағы тесіктердің аузына ілінген тор көзді қалта.*

**ТОРҚАЛЫ** сын. **1.** *Сәнді, салтанатты.* **2.** ауыс. *Жұмсақ, майда; құнарлы.*

**Торқалы той, топырақты өлім.** көне. а) *Бір қуаныш, бір қайғы [Бұл фраза қазақтың бір қуаныш, бір қайғы дегенде ағайынның атсалысып, тұтас ауыл, рулы ел болып ұрандасып, баталасып, сол қуаныш пен қайғыны бірге атқару салтын білдіреді].* ә) *Халықтың көп болып жиналатын жері деген мағынада.* **Торқалы той, тұмарлы жүйрік.** *Ұлан-асыр той, мерекелі жиын.* **Торқалы той.** *Даңқты үлкен мереке; кәделі, салтанатты жиын, мерейтой.*

**ТОРҚАН: торқан тұқымдастар.** зоол. *Су қоймаларында тіршілік ететін балықтар.*

**ТОРҚАНДЫ: торқанды бүйірдақ.** зоол. *Торқан тұқымдасына жататын балық.*

**ТОРҚАСҚА** сын. сөйл. *Қасқасы бар торы түсті (жылқы).*

**ТОРҚА-ТОЙЛЫ** сын. *Сән-салтанатты, думанды, қызықты.*

**ТОРҚЫН** зат. жерг. *Торқа.*

**ТОРЛА**[1]**=** ет. **1.** *Иірілген жіптен шаршылап, шынжырлап, кереге көздендіріп тоқу.* **2.** *Торкөздендіріп кесте тігу.* **3.** *Қауынның пісуі жақындағанда тор тәрізді шытынаған сызықтар пайда болу, кереге көздену.* **4.** *Темірден тор көздендіріп, шарбақ тәрізді қоршау жасау.* **5.** кәс. *Күміс қақталатын темір бетін керегекөздендіріп шапқымен безеу, оймалау.* **6.** ауыс. *Қаптау, басып кету, қоршау.* **7.** ауыс. *Еркін билеу, ой-санасын шырмап алу.*

**Торлап тігу.** кәс. *Өрнектелетін материалды алдымен тесіп алып, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салу тәсілі.*

**ТОРЛА**[2]**=** ет. сөйл. **1.** *Тору, қарауылдау.* **2.** *Байқау, аңдау, аңғару.* **3.** ауыс. *Қарау, көз ала алмау.*

**ТОРЛАҒЫШ** сын. *Қайғылы, мұңды.*

**ТОРЛАМА**[1] сын. **1.** *Тор-тор етіп тоқылған, кереге көз.* **2.** *Қою, қалың.*

**Торлама [тор] дорба.** *Арасы ашық, алшақ етіп жіппен торлап жасаған азық-түлік салуға арналған қалта, сетка.*

**ТОРЛАМА**[2] зат. кәс. *Қауынның пісуі жақындағанда тор тәрізді шытынаған сызықтар пайда болуы, кереге көздену.*

**Торлама қауын.** *Сырты торкөзденіп сызаттанған, қабығы жұқа, іші қызғылт, торланған қауын сұрыбы.*

**ТОРЛАН=** ет. **1.** *Темір тор жабылу, тор қойылу.* **2.** *Қоюлану, қалыңдану.* **3.** *Күнге тотығу.*

**ТОРЛАНДЫР=** ет. *Жиыру, жиырып бұжырландыру.*

**ТОРЛАНДЫРУ** *Торландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЛАНУ** *Торлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЛАС=** ет. *Шоғырланысу.*

**ТОРЛАСУ** *Торлас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЛАТ=** ет. **1.** *Тоқыту, тіктіру.* **2.** *Қоршату, бекіту.* **3.** *Қаптату.*

**ТОРЛАТУ** *Торлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЛАУ**[1] *Торла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тору, торуылдау.* **2.** *Қаптау, қоршау, басып кету.*

**ТОРЛАУ**[2] зат. өс. сөйл. *Мал жейтін жайылымдық шөп.*

**ТОРЛАУСЫЗ** сын. *Еркін, бұғалық көрмеген.*

**ТОРЛЫ** сын. *Торы бар, торланған.*

**Торлы қабық.** биол. <лат. retina> *Жүйке ұлпасынан құралған, көз алмасының жарықты қабылдайтын сезімтал ішкі қабығы.* **Торлы қабық дағы.** анат. *Көздің торлы қабығының ортасындағы кішкентай сарғыш дақ.* **Торлы құрылым.** анат. <лат. formatio reticularis> *Сопақша ми сұр заты ядроларының арасында орналасқан, жүйке клеткалары мен жүйке талшықтарының торланған өрімдерінен құралған мидың үйлестіргіш аппараты.* **Торлы ұлпа** биол. <лат. textus reticularis> *Қан жасаушы мүшелердің негізін түзетін ұлпа.*

**ТОРЛЫБАС** зат. бот. <лат. dictyocephalos> *Саңырауқұлақтың бір түрі: діңі жуан, басы бұжырбұжыр, онша үлкен емес. Түсі ақшыл сары не сарғыш қоңыр. Жеуге жарамайды. Шөл далалы, құмды жерлерде өседі.*

**ТОРМАН** зат. зоол. жерг. *Сазанның ең кішкенесі, ұсағы.*

**ТОРМОЗ** [грек. tormos] зат. **1.** тех. ***Тежегіш.*** *Көліктердің жүрісін тоқтатуға, бәсеңдетуге немесе тежеуге арналған тетік.* **2.** сөйл. *Тіл, ауыз.*

**ТОРМОЗСЫЗ** сын. *Тежегішсіз.*

**ТОРНАДО** [исп. tornado] зат. геогр. *Еуропадағы тромбалармен салыстырғанда жиі қайталанатын, күшті атмосфералық құйынның атауы, күшті дауыл.*

**ТОРПА** зат. *Тастақты беткей.*

**ТОРПАҚ**[1] зат. *Сиыр малының алты айдан бір жасқа дейінгі бұзауы.*

**ТОРПАҚ**[2] з а т. а с т р. <лат. taurus> *12 зодиактік шоқжұлдыздардың бірі.*

**ТОРПАҚТАЙ** с ы н. *Торпақ сияқты.*

**ТОРПАҚ-ТАНА** з а т. *Торпақ және тана, тайынша.*

**ТОРПАҚТАТ=** е т. *Аты болса болды деп ірі малдың орнына ұсағын беру деген мағынада.*

**ТОРПАҚША** ү с т. *Торпақ сияқты.*

**ТОРПАҢ** с ы н. с ө й л. *Тарпаң, асау.*

**ТОРПАҢДА=** е т. *Торсаңдау.*

**ТОРПАҢ-ТОРПАҢ** е л і к. *Тапырақтаған жүрісті бейнелейтін сөз.*

**ТОРПЕДА**[1] [лат. torpedo] з а т. ә с к. *Жаудың әскери кемелерін жою үшін қолданылатын су асты снаряды.*

**Торпеда аппараттары.** ә с к. *Торпедаға бастапқы қозғалыс сәтінде қажетті бағыт беруге, яғни бағыттауға, атуға және торпеданы сақтауға арналған аппараттар.* **Торпедамен ату.** ә с к. а) *Нысананы өзі іздеп тауып жою үшін ұшу аппараттарынан авиациялық торпеданы дәл есеппен тастау.* ә) *Теңіздегі нысананы жою үшін ұшу аппараттарынан авиациялық торпеданы қолдану теориясын зерттейтін әскери-ғылыми пән.* **Торпеда тасушы.** ә с к. *Авиациялық торпедалармен ұрыс кемелері мен көлік кемелерін жоюға, сондай-ақ миналы бөгеттер қоюға арналған ұрыс ұшағы.* **Торпеда тасығыш.** ә с к. *Әскери-теңіз күштерінде (флот) торпедаларды жүзбелі немесе жағалаудағы базаларға тасуға арналған кеме.*

**ТОРПЕДА**[2] з а т. с п о р т. *Суда шалқалап сырғуға байланысты жасалатын жаттығу.*

**ТОРПЕДАЛЫҚ: торпедалық катер.** ә с к. *Қарсылас кемесін торпедамен жою міндетін атқаратын катер.*

**Торпедалық шабуыл.** ә с к. *Ұшақтар, кемелер, тікұшақтар, торпедалық қару тасушылар арқылы жүзеге асырылатын шабуыл.*

**ТОРПЕДАЛЫҚ-БОМБАЛЫҚ: торпедалық-бомбалық соққы.** ә с к. *Әскери кемелер мен авиацияның (кейде тек авиацияның) белгілі бір уақыт, бағыт жөнінде алдын ала келісіп алып теңіздегі (құрлықтағы) нысананы торпеда және бомба қолдану арқылы атқылауы.*

**ТОРПЕДАШЫ** з а т. ә с к. *Торпеда қаруымен жұмыс істейтін маман.*

**ТОРПЫШ** з а т. ж е р г. к ө н е. *Жапқыш.*

**ТОРС** е л і к. *Ішінде ауасы бар заттың жарылғанда яки жұмсақ заттың жерге жоғарыдан құлап түскенде шығатын дүрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**Торс етті.** а) *Үн, дыбыс қатты шықты; тарс етті.* ә) *Дүңк етпе мінез білдірді; қорс етті.*

**ТОРСАДАЙ-ТОРСА** ү с т. ж е р г. *Тосыннан-тосын, кенеттен.*

**ТОРСАЙ=** е т. *Тырсию, ісіну, күп болу.*

**ТОРСАҢ** е л і к. *Қорс етіп бұртиған, түксиген қимылды бейнелейтін сөз.*

**Торсаң қақты [етті].** *Өз-өзінен өкпелеп бұртиды, қорс етті, ерсі мінез көрсетті.*

**ТОРСАҢДА=** е т. *Торсаң-торсаң етіп, біреуге ренжу, өкпелеу.*

**ТОРСАҢДАТ=** е т. *Өкпелету, ренжіту.*

**ТОРСАҢДАТУ** *Торсаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРСАҢДАУ** *Торсаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРСАҢ-ТОСЫРАҢСЫЗ** с ы н. *Өкпе-renішсіз, сыпайы.*

**ТОРСИ=** е т. **1.** *Жарылып кетердей тырсию; күмпию.* **2.** а у ы с. *Өкпелеу, бұртию.*

**ТОРСИТ=** е т. *Бұртиту.*

**ТОРСИТУ** *Торсит етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРСИЫҢҚЫРА=** е т. *Бұртиыңқырау, ренжіңкіреу.*

**ТОРСИЫП-ТОРСИЫП=** е т. *Күмпиіп-күмпиіп.*

**ТОРСИЮ** *Торси етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРС-ТОРС=** е т. *Тырс-тырс, гүрс-гүрс еткен сияқты дыбысты білдіретін сөз.*

**ТОРСЫҚ**[1] з а т. э т н. *Сусын құю үшін ысталған теріден жасалынған шағын ыдыс.*

**Торсық бетті.** *Тырсиған, томпақ жүзді.* **Торсық шеке.** *Шекесі томпиған, толық (бала).*

**ТОРСЫҚ**[2] з а т. б о т. <лат. dasystephana> *Гүлі торсық пішіндес, түсі көкшіл, қараштың суық жерлерде өсетін түрі.*

**ТОРСЫҚТАЙ** с ы н. *Бұлтиған; топ-толық, семіз.*

**ТОРСЫҚ-ТОРСЫҚ** с ы н. *Бірнеше торсық.*

**ТОРСЫҚША**[1] з а т. *Кішкентай торсық.*

**ТОРСЫҚША**[2] ү с т. *Торсық тәрізді, торсыққа ұқсап.*

**ТОРСЫЛ** з а т. *Тарсылдап, дүрсілдеп яки қорсылдап естілген үн, дыбыс.*

**ТОРСЫЛДА=** е т. **1.** *Торс-торс ету, тарсылдау.* **2.** а у ы с. *Өкпелеу, ренжу, торсаңдау.* **3.** а у ы с. *Қалпақтай, қаңбақтай ұшу.*

**ТОРСЫЛДАҚ**[1] з а т. *Балықтың ішінде болатын, сопақша келген, іші ауаға толы, жұқа зат.*

**ТОРСЫЛДАҚ**[2] с ы н. *Жанғанда торс-торс ететін, торсылдайтын.*

**ТОРСЫЛДАҚ**[3] з а т. ө с. <лат. leontice> *Жалпақ жапырақты сылдыр шөп.*

**Торсылдақ ешкімия.** с ы н. б о т. *Торсылдақ тәрізді, биіктігі 40–100 см болып өсетін көпжылдық өсімдік.*

**ТОРСЫЛДАҚТАЙ** с ы н. *Торсылдақ тәрізді.*

**ТОРСЫЛДАҚША** ү с т. *Торсылдақ тәрізді, торсылдаққа ұқсап.*

**ТОРСЫЛДАТ=** е т. *Тарсылдату, дүрсілдету.*

**ТОРСЫЛДАТУ** *Торсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРСЫЛДАУ** *Торсылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРТ** [итал. torta] з а т. т а м а қ. *Ұнға қант, май, қаймақ, ванилин, жұмыртқа т.б. заттар қосып әзірленген, беті түрлі кремдермен, жеміс-жидектермен безендірілген кондитерлік тәтті тағам.*

**ТОРТА**[1] з а т. **1.** *Сарымайды қайнатқанда оның бетіне шығатын көбік пен түбінде қалатын іркіт.* **2.** а у ы с. *Буалдыр, тұман; мұң.*

**ТОРТА**[2] з а т. з о о л. <лат. rutilus rutilus> **1.** *Етінде қылтанағы көп, кішкене, дене тұрқы 15–17 см, орташа салмағы 150–200 грамдай ұсақ балық.* **2.** ж е р г. *Үлкен ақ балық, сазан балықтың бір түрі.*

**Торта ау.** ж е р г. к ә с. *Дарияда қайықпен жүріп, ағынға салып торта балық аулайтын ау.* **Торта көз.** *Балық көзіне ұқсайтын көз деген мағынада.*

**ТОРТАЛА=** е т. *Сары майды қайнатып, тортасынан айыру, қайыру.*

**ТОРТАЛАН=** е т. **1.** *Тортасынан айырылған, таза.* **2.** *Қара күйеге айналу, күйелену.*

**ТОРТАЛАНУ** *Тортталан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРТАЛАҢ** с ы н. *Өжет, шайпау.*

**ТОРТАЛАУ** *Тортала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРТАЛЫ** с ы н. *Тортасы алынбаған, тортасы бар.*

**ТОРТАҢДА=** е т. с ө й л. ***Торсаңда.***

**ТОРТАҢДАУ** *Тортаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРТАҢ-ТОСЫРАҢСЫЗ** ү с т. *Тоң-торыссыз, торсаңсыз.*

**ТОРТА-ТОБЫР** з а т. *Балық-малық.*

**ТОРТИ=** е т. с ө й л. *Өкпе-реніш білдіріп, бұртию, тыртию, торсию.*

**ТОРТИКОЛИС** [лат. tortus – бұрылған, қисайған; collum – мойын] з а т. м е д. *Қисық мойын; бір жақ жартысындағы бұлшық еттердің үзілуі (жыртылуы), бұлшық еттердің ревматизмге ұшырап қабынуы, мойын омыртқаларының шығып кетуі салдарынан мойынның қисаюы.*

**ТОРТИЮ** *Торти етістігінің қимыл атауы.*

**ТОР-ТОР** з а т. *Бірнеше тор; әлденеше тор көз.*

**ТОРТӨБЕЛ** з а т. *Кішкене қасқасы бар торы түсті ат.*

**ТОРУ** *Торы етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРУЛА=** е т. с ө й л. ***Торуылдау.***

**ТОРУЛАУ** *Торула етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРУЛЫ** с ы н. *Жайлап алған.*

**ТОРУШЫ** з а т. *Торуылдаушы, аңдушы.*

**ТОРУЫЛ** з а т. *Бір нәрсені сырттай аңду, тору ісі.*

**ТОРУЫЛДА=** е т. *Бір нәрсені аңду, бақылау, тору.*

**Торуылдап барлау.** ә с к. *Барлауға бөлінген бөлімшелерді дер кезінде және мұқият бүркемелеуге негізделген барлау тәсілі.*

**ТОРУЫЛДАУШЫ** з а т. *Торушы, аңдушы.*

**ТОРУЫЛДАТ=** е т. *Аңдыту, торуыл жасату.*

**ТОРУЫЛДАТУ** *Торуылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРУЫЛДАУ** *Торуылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРУЫЛДЫ** с ы н. *Торуылға шыққан, аңдысқан.*

**ТОРУЫЛШЫ** з а т. *Аңдушы, торушы.*

**ТОРУЫШ** з а т. с ө й л. ***Торуылдаушы.***

**ТОРФ** [нем. Torf] з а т. ***Шымтезек.***

**ТОРША** з а т. *Түсі қоңырқай, күреңдеу ат.*

**ТОРШЕР** [франц. torchere] з а т. *Бөлменің бұрышында еденде тұратын, жарығы көзге жұмсақ, шілтерлі шам.*

**ТОРШОЛАҚ** з а т. *Күнделікті жұмысқа мінетін ат.*

**ТОРШЫ** з а т. к ө н е. *Темір тор жасаушы ұста.*

**ТОРЫ** с ы н. *Көбіне жылқыда болатын қоңырқай, күрең түс.* // *Торы ат, жылқы.*

**Торы ала**. *Ақ, қара немесе басқа түстермен қызыл қоңыр араласқан түстің түрі.* **Торы ат.** *Қоңыр түсті жылқы.* **Торы байтал.** *Қоңырқай күрең байтал.* **Торы бедеудей бауыры жазылды.** *Жүйрік торы аттай ағыза шапты.* **Торы бие.** *Тобылғы түстес, қоңырқай, дене түгінің кей жері қара қошқыл түсті.* **Торы төбел.** *Маңдайында дөңгелек ағы бар торы (ат).*

**ТОРЫ=** е т. *Білдірмей сырттан аңду, бақылау.*

**ТОРЫҒУ** *Торық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күдер үзу, түңілу.* **2.** п с и х о л. *Үмітсіздікпен ұштас, адамның бұл өмірден, тіптен бүкіл құндылықтардан түңілуімен сипатталатын халі.*

**ТОРЫҒУЛЫ** с ы н. *Қамығулы, түңілген күйде.*

**ТОРЫҒУШЫ** з а т. *Күдер үзуші, түңілуші.*

**ТОРЫҒУШЫЛЫҚ** з а т. *Күдер үзіп түңілушілік, үмітсізденушілік.*

**ТОРЫҒЫС** з а т. *Түңілушілік, үмітсіздік.*

**ТОРЫҒЫШ** с ы н. *Аңдығыш, торуылдағыш.*

**ТОРЫҚ**[1]**=** е т. *Жақсы үміттен күдер үзу, түңілу.*

**Торыққан көңіл.** *Жабырқаған көңіл-күй.*

**ТОРЫҚ**[2]**=** е т. ж е р г. *Қамап алып тінту.*

**ТОРЫҚҚАНДЫҚ** з а т. *Күдер үзгендік, түңілгендік.*

**ТОРЫҚТЫР=** е т. *Күдер үздіру, түңілдіру.*

**ТОРЫҚТЫРУ** *Торықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЫЛ=** е т. *Аңдылу, торуылдану.*

**ТОРЫЛАН=** е т. *Күреңіту.*

**ТОРЫЛТ=** е т. *Өкпені қабу, шаң-тозаң тұмшалау.*

**ТОРЫЛУ** *Торыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЫЛЫ** с ы н. *Торы түсті.*

**ТОРЫЛЫҚ** з а т. *Қара күреңдік.*

**ТОРЫМ** *Тоқты-торым сөзінің екінші сыңары.*

**ТОРЫҢҒЫ** з а т. с ө й л. ***Торанғы.***

**ТОРЫС=** е т. *Аңдысу, торуылдасу.*

**ТОРЫСУ** *Торыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЫТ=** е т. *Торуылдату, аңдыту.*

**ТОРЫТУ** *Торыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОРЫША** с ы н. *Торы түстес.*

**ТОС=** е т. **1.** *Біреуді не бір нәрсені күту.* **2.** *Бір*

нәрсенің алдын бөгеу, тосқауыл жасау, тоқтату. **3.** *Бір нәрсені қалқалау, жолына кесе көлденең қою.* **4.** *Бір нәрсені беру, ұсыну.* **5.** ауыс. *Баланы дәретке отырғызу.*

**Тосып алды.** *Шын ықыласпен қарсы алды.* **Тосып алу.** әск. *Тасаланған нысандарға әуе қарсыласын жібермеу мақсатында оларға қарсы жойғыш ұшақтардың (жойғыштар тобының) ұшуы.* **Тосып алу аймағы.** әск. *Әуе кеңістігі шегінде жойғыштың экипажы әуе нысанасын көзден жоятын аймақ.* **Тосып алуды автоматты басқару құралдары.** әск. *Қарсыластың ұшақтарын тосып алуды басқаруға, ӘШКҚ жүйесінің радиолокациялық станцияларынан түсетін хабарларды автоматты (электрондық есептегіш машиналармен) өңдеуге арналған радиоэлектрондық құралдар кешені.* **Тосып жойғыш ұшақ.** әск. *Төмен және барынша жоғары биіктікте, дыбысқа дейінгі және дыбыстан ұшқыр жылдамдықта ұшатын әуе нысаналарын жоюға арналған, ауа райының қандай жағдайына болсын арнайы жабдықталған, тосып жойғыш ұшақ.* **Тосып алу шебі.** әск. *Жойғыштар авиациясы әуе қарсыласын тосып алып жоятын шеп.*

**ТОС**[1] зат. жерг. кәс. *Сульфат.*

**ТОС**[2] зат. жерг. *Теңіздің толқынымен жағаға шығып қалған шөп-шалам.*

**ТОСАҢ**[1] сын. **1.** *Таныс емес, бөтен, жат.* **2.** *Баяу, мимырт.* **3.** *Түсініксіз, көмескі.*

**ТОСАҢ**[2] сын. *Құлағы жақсы естімейтін, мүкісі бар.*

**ТОСАҢДАУ**[1] сын. **1.** *Жаттау, бөтендеу.* **2.** *Шорқақтау.*

**ТОСАҢДАУ**[2] сын. *Жақсы естіңкіремейтін, мүкістеу.*

**ТОСАҢДЫҚ** зат. **1.** *Жатсынушылық, бөтендік, бөтенсінушілік.* **2.** *Томаға-тұйықтық, салқындық.*

**ТОСАҢСУ** *Тосаңсы етістігінің қимыл атауы; тосырқау, бөтенсу.*

**ТОСАҢСЫ**[1]**=** ет. **1.** *Жатсыну, бөтенсіну.* **2.** *Істен қолы шығып қалу, дағдысынан айырылу.*

**ТОСАҢСЫ**[2]**=** ет. *Жақсы естімеу, мүкістену.*

**ТОСАҢСЫН=** ет. *Жатсыну, тосырқау.*

**ТОСАҢСЫНУ** *Тосаңсын етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСАҢСЫТ=** ет. *Жатсындыру.*

**ТОСАҢСЫТУ** *Тосаңсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСАП**[1] зат. **1.** *Судың түбіне жиналған зат, қалдық, тұнба, шөгінді.* **2.** жерг. *Теңіздің жағаға шығарып тастаған шөп-шаламы: су бетіндегі шөптің қалдығы, қоқымы, қамыс шірігі.* **3.** жерг. *Шаң, тозаң, сор.*

**ТОСАП**[2] зат. **1.** *Қазы салынған қою қымыз.* **2.** жерг. *Қайнатқан сүтке сары маймен, қойдың майын салып, араластырған тағам.* **3.** жерг. *Сүт, жұмыртқа, май т.б. қосып қайнатып жасалған тамақ.* **4.** жерг. *Бұрынғы кезде тәуіптердің ауру кісіге беретін дәрісі.* **5.** жерг. *Айранға су қосып жасалған шалап.*

**Тосап қымыз.** *Қымыз бен сиыр сүтін араластырған қоймалжың сусын.* **Тосап қымыз.** этн. *Қымыздың ыдыс түбіндегі тұнып қалған қоймалжың қоюы.*

**ТОСАП**[3] зат. **1.** *Қант қосып қайнатылған жеміс.* **2.** тамақ. *Жеміс-жидекті қант қосып консервілеудің бір түрі.*

**ТОСАП**[4] зат. жерг. ***Сілікпе.***

**ТОСАП**[5] зат. жерг. *Жас құрайды қайнатып, дәрі есебінде дайындалған тұнба.*

**ТОСАПҚЫМЫЗ** зат. жерг. *Қымыз бен сиыр сүтін араластырған қоймалжың сусын.*

**ТОСАПТА=** ет. *Сүтке май қосып қайнату, тосап жасау.*

**ТОСАПТАЙ** үст. *Тосап сияқты.*

**ТОСАПТАУ** *Тосапта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСАРЛЫ: үш тосарлы қанды ауыз.** көне. *Білтелі мылтықтың бір түрі.*

**ТОСАТ** үст. *Тосыннан, кенеттен.*

**ТОСА-ТОСА** үст. *Күте-күте.*

**ТОСҚАЛ** зат. сөйл. *Тосқауыл, бөгет, кедергі.*

**ТОСҚАН** зат. *Бөгет, кедергі, тосқауыл.*

**ТОСҚАУ** зат. сөйл. ***Тосқауыл.***

**ТОСҚАУЫЛ** зат. **1.** *Суды бөгеу үшін жасалған гидротехникалық құрылыс; бөген, тоған.* **2.** *Жасырын тосып тұрып, тұтқиылдан жауға шабуыл жасалынатын орын.* **3.** әск. *Қарсыластың кенеттен пайда болуы немесе жылжуы байқалған бағытта бойтасалау үшін немесе әскер қоршауынан шығатын қапталды қамтамасыз ету үшін қарсы қойылатын бөлімше.* **4.** ауыс. *Кедергі келтіретін зат, бөгет.*

**Тосқауыл канал.** сушар. *Беткейден аққан суды жинағыш канал.* **Тосқауыл кәріздер.** сушар. *Кәріздің бас сағасы, көлденең орналастырылған құбырлы жер құрғатқыш кәріз [Жер асты және жер үсті суларын бөгеп, басқа жаққа бұрып әкету арқылы жер құрғатады].* **Тосқауыл қою.** спорт. *Доптың немесе қарсы команда ойыншысының жолын кесетін қорғаныс.* **Тосқауыл радиосы.** әск. *Радиохабарлардың мазмұнын ашу және барлау мәліметтерін алу мақсатымен арнайы радиоқабылдағышы бар барлау аппараттарының көмегімен қарсыластардың радиохабарларын қабылдау.* **Тосқауылмен жүгіру.** *Стадион жолында бірінен кейін екінші бірдей арақашықтыққа мықтап орналасқан бес тосқауыл-кедергіден жүгіріп өтетін жеңіл атлетикалық бәсекенің бір түрі.*

**ТОСҚАУЫЛДА=** ет. **1.** *Алдынан қарсы шығу, алдын бөгеу.* **2.** *Тосу, күту.*

**ТОСҚАУЫЛДАУ** *Тосқауылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСҚАУЫЛДЫҚ** зат. *Бөгеттік, кедергілік.*

**ТОСҚАУЫЛШЫ** зат. **1.** *Тосқауылдаушы, бөгет жасаушы.* **2.** көне. *Көшпелілердің әскери жүйесіндегі Хан жасағының айналасындағы адамдар.*

**ТОСҚЫЗ=** ет. **1.** *Күттіру.* **2.** *Абдырату; тосырқату.*

**ТОСҚЫЗУ** *Тосқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСҚЫН** зат. *Тосқауыл, бөгет, кедергі.*

**ТОСҚЫНДА=** ет. *Алдын кес-кестеу, тосқауылдау.*

**ТОСҚЫНДАТ=** ет. *Тосқауылдату, кес-кестету.*

**ТОСҚЫНДАТУ** *Тосқындат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСҚЫНДАУ** *Тосқында етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСҚЫШ** сын. *Тосқауылдайтын, торитын.*

**ТОСПА** зат. **1.** *Су қоймасы үшін жасалынған бөгет.* **2.** *Бөгет, кедергі.* **3.** *Әдейі жиналған аз ғана су.*

**Тоспа ау.** жерг. кәс. *Аудың шағын түрі.*

**ТОСПАӘУІЗ** зат. сушар. *Лай суды жүзбе бөлшектерден тазалауға арналған су хауызы.*

**ТОСПАҚҰМАН** зат. *Қабырғаға іліп қоятын шойын, темір жуынғыш.*

**ТОСПАЙ** зат. жерг. кәс. **1.** *Жазғытұрым иірімге ұсталған сүзекі ау.* **2.** *Қалтарыс жерде тұрып балық аулайтын құрал.*

**ТОСПАЛА=** ет. **1.** *Алдын бөгеу, алдын тосу.* **2.** *Суға тоспа жасау, бөгеу.*

**ТОСПАЛАТ=** ет. *Бөгеттеу, шегендеу.*

**ТОСПАЛАТУ** *Тоспалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСПАЛАУ** *Тоспала етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСПАЛДА=** ет. сөйл. ***Тұспалда.***

**ТОСПАЛЫ** сын. *Тоспа орнатылған, тоспасы бар.*

**Тоспасу бақасы.** зоол. *Су бақасы.*

**ТОСПА-ТОСПА** сын. *Алдын бөгейтін, асуы қиын.*

**ТОСПА-ТОҒАН** зат. *Су жиналатын кішігірім бөгеттер.*

**ТОСПАУЫЛ** зат. сөйл. ***Тосқауыл.***

**ТОСПАУЫЛДА=** ет. *Тоспалау, бұғаулау.*

**ТОСПАҰЛУ** зат. зоол. *Тоғандар мен батпақты суда тіршілік ететін балық.*

**ТОСПАША** зат. жерг. кәс. *Суаруға қолайлы етіп дайындалған бақшалық егістің бөлшегі.*

**ТОСПАШЫ** зат. кәс. *Аңды ату үшін жолын күтіп тұратын адам.*

**ТОСТ** [ағыл. toast] зат. *Бір нәрсенің құрметіне жақсы тілек білдіре отырып бокал көтеру.*

**ТОСТАҒАН** зат. **1.** *Ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс.* **2.** ауыс. *Көз.*

**Тостаған желін бие.** *Желін бітісі тостағанның аумағындай болып келген бие; желіні үлкен бие.* **Тостаған көз.** *Үлкен дөңгелек көз.* **Тостағанын бұлады.** *Көз жасын төкті, жылады.* **Тостағанын жуды.** *Көзінен жас шықты, жылады.* **Тостағанын толтырды.** поэт. *Көз жасын төкті.*

**ТОСТАҒАНДА=** ет. *Тостағанға құю.*

**ТОСТАҒАНДАЙ** сын. **1.** *Дөп-дөңгелек, үлкен.* **2.** *Кішкене.* **3.** *Тостаған тәрізді, тостағанға ұқсап.*

**ТОСТАҒАНДАЙ-ТОСТАҒАНДАЙ** сын. *Үлкен-үлкен.*

**ТОСТАҒАНДАП** үст. *Тостаған-тостаған етіп, тостағанға құйып.*

**ТОСТАҒАН-ТОСТАҒАН** сан. *Бірнеше тостаған.*

**ТОСТАҒАНША** зат. **1.** *Кішкентай тостаған.* **2.** бот. *Гүл шанағы.*

**ТОСТАҚ** зат. сөйл. **1.** ***Тостаған.*** **2.** жерг. *Үлкен зерен ыдыс.*

**ТОСТАҚАН** зат. жерг. ***Тостаған.***

**Тостақан бақа.** жерг. *Тасбақа.*

**ТОСТЕР** [ағыл. toaster] зат. тамақ. *Жұқалап тілген нанды кептіруге арналған құрал.*

**ТОСТИ=** ет. *Томпию.*

**ТОСТЫР=** ет. **1.** *Қарсы алдыру.* **2.** *Күттіру.*

**ТОСТЫРУ** *Тостыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСУ**[1] *Тос етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күту; шыдау.* **2.** ауыс. *Сағыныш.*

**ТОСУ**[2] зат. **1.** *Кедергі, бөгет, тосқауыл.* **2.** *Сөзден тосылдыру, жаңылдыру.*

**Тосып алу.** спорт. *Қарсыласының соққан жұдырығының жолына алақанын, шынтағын немесе иығын тосып қорғану амалы.*

**ТОСУЛА=** ет. *Алдынан шыққыштау, тағатсыздана күту.*

**ТОСУЛЫ** сын. **1.** *Құлағы түрік, тыңдауға әзір.* **2.** *Көптен күткен.*

**ТОСУШЫ** зат. *Тосқауылшы.*

**ТОСЫЛ=** ет. **1.** *Не дерін білмей бөгелу, мүдіру.* **2.** *Қысылу, ұялу.*

**ТОСЫЛДЫР=** ет. *Мүдірту.*

**ТОСЫЛТ=** ет. *Бөгелту, ойландырып тастау.*

**ТОСЫЛТУ** *Тосылт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫЛУ** *Тосыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Ұялыңқырау; бөгеліңкіреу.*

**ТОСЫЛЫҢҚЫРАУ** *Тосылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫЛЫС** зат. *Мүдіріс, үзіліс.*

**ТОСЫЛЫС=** ет. *Бөгеліс, мүдірісу.*

**ТОСЫЛЫСУ** *Тосылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫН**[1] сын. **1.** *Бөгде, жат, бөтен.* **2.** *Кенет, қапелімде, күтпеген жерде, төтенше.* **3.** *Сирек.*

**Тосын мутациялар.** биол. *Сыртқы табиғи мутагендік факторлардың әсерінен өздігінен пайда болатын мутациялар.* **Тосын пікір.** *Тың, жаңа ой-тұжырым, пайымдау.* **Тосын сөз.** *Кенеттен, ойламаған жерден айтылған, құлаққа тосын естілетін сөз, әңгіме.*

**ТОСЫН**[2] зат. жерг. кәс. *Тың жер.*

**ТОСЫН**[3] зат. жерг. кәс. *Үйдің төбесіне көлденеңінен салынатын ағаш; мәтке, арқалық.*

**ТОСЫНДАУ** сын. **1.** *Бөгделеу, жаттау, бөтендеу.* **2.** *Дөрекілеу, қатқылдау.*

**ТОСЫНДЫҚ** зат. **1.** *Бөгделік, бөтендік, жаттық.* **2.** *Кенеттен болғандық.* **3.** *Ерекшелік, жаңалық.*

**ТОСЫННАН** ү с т. *Күтпеген жерден, кенеттен, тұтқиылдан.*

**ТОСЫННАН-ТОСЫН** ү с т. **1.** *Бірден, кенеттен, күтпеген жерден.* **2.** *Бостан-бос, бекерден-бекер, тектен-тек.*

**ТОСЫН-ТОСЫН** с ы н. *Күтпеген, бір түрлі түсініксіз.*

**ТОСЫНТУМА** з а т. с ө й л. *Суырыпсалма (ақын).*

**ТОСЫРАЙ=** е т. *Состию, тосырқау, томсыраю.*

**ТОСЫРАЙТ=** е т. **1.** *Томпайту.* **2.** *Адырайту.*

**ТОСЫРАЙТУ** *Тосырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРАҚ** с ы н. *Торсаң-торсаң еткен (мінез).*

**ТОСЫРАҢДА**= е т. *Өкпе-реніш білдіріп, торсаңдау.*

**ТОСЫРАҢДАС=** е т. *Торсаңдасу, ренжісу.*

**ТОСЫРАҢДАСУ** *Тосыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРАҢДАУ** *Тосыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРАЮ** *Тосырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРҚА=** е т. **1.** *Жатырқау, бөтенсіну, жатсыну.* **2.** *Батылы бармау, тайсалу.*

**ТОСЫРҚАН=** е т. *Жатсыну, бөтенсіну.*

**ТОСЫРҚАНУ** *Тосырқан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жатсыну, бөтенсіну.* **2.** *Тайсалу, қорқу.*

**ТОСЫРҚАҢҚЫРА=** е т. *Бөгеліңкіреу.*

**ТОСЫРҚАС=** е т. **1.** *Іркілісу.* **2.** *Бір-бірін жатсыну.*

**ТОСЫРҚАСУ** *Тосырқас етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРҚАТ=** е т. *Жатырқату, жатсындыру.*

**ТОСЫРҚАТУ** *Тосырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОСЫРҚАУ** *Тосырқа етістігінің қимыл атауы.* **Тосырқаған бие.** *Өз үйірін не басқа үйірді бөтенсінген, жатсынған бие.*

**ТОСЫРҚАУЛЫҚ** з а т. *Тосырқау, тосырқаушылық, жатсыну.*

**ТОСЫРҚАУШЫ** з а т. *Жатсынушы.*

**ТОСЫРҚАУШЫЛЫҚ** з а т. *Жатсынушылық.*

**ТОСЫРЛА=** е т. *Тасырлау, тысырлау.*

**ТОСЫРЛАУ** с ы н. *Тасырлау, дөрекілеу.*

**ТОСЫС=** е т. *Жолға қарасу, күтісу.*

**ТОСЫСУ** *Тосыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТ**[1] з а т. **1.** *Тотығудың нәтижесінде темірде пайда болатын қызғылт қоңыр дақ; тат.* **2.** *Темір мен оның қорытпаларының беттерінде, негізінен, оттек пен ылғалдың әсерінен пайда болатын жегі салдарынан түзілетін ішінара гидратталған темір тотықтарының қабаты.* **3.** *Темірдің және оның қорытпаларының сыртқы беттерінде пайда болатын қабат.*

**Тот әбдіре.** *Көне, тозығы жеткен әбдіре.* **Тот баспайтын алтындай.** *Асыл, қымбат, қадірлі.* **Тот басты.** *Тоттанды, дақ түсті; пайдаланбай бос жатты.* **Тот бастырды.** *Тоттандырды, тот басқызды.* **Тот басу.** *Тоттану, темірдің тоттанып жарамсыздануы.*

**ТОТ**[2] с ы н. ж е р г. *Осал, төзімсіз.*

**ТОТАЙ** с ы н. э к с п р. *Еркін өскен, бұла, шолжаң.*

**ТОТАЙЛАН=** е т. *Шолжаңдау.*

**ТОТАЙЛЫҚ** з а т. *Еркелік, шолжаңдық.*

**ТОТАЙЫНДАЙ** с ы н. *Ерке-тотай тәрізді.*

**ТОТАЛА** з а т. к ө н е. *Қуыспақ, ойнақ.*

**ТОТАЛИЗАТОР** [франц. totalisateur] з а т. *Ойын мекемесін ұйымдастырушының делдалдығы арқылы қатысушылардың арасында бәс тігу жасалатын ойын мекемесі.*

**ТОТАЛИТАРИЗМ** [франц. totalitarisme] з а т. *Орталықтандырудың, бірлестірудің, қоғамның барлық (саяси, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, мәдени) салаларын әкімшілік орталыққа бағындырудың шектен шыққан, экстремалды түрлерімен сипатталатын саяси және қоғамдық құрылымның ерекше түрі.*

**ТОТАЛИТАРЛЫҚ** [франц. totalitaire] с ы н. *Тоталитаризмге тән.*

**Тоталитарлық жүйе.** *Мемлекеттің қоғамға және жеке адамға толықтай, тұтас бақылау орнатуымен сипатталатын саяси жүйенің бір түрі.*

**ТОТАН** с ы н. *Татырандай, қазанның күйесіндей, қап-қара.*

**ТОТАНАҚ**[1] з а т. к ө н е. *Сақтаушы, қорғап-жебеуші.*

**ТОТАНАҚ**[2] з а т. **1.** *Мазақ; мысқыл, күлкі.* **2.** *Ауырт палық, бейнет.*

**ТОТАШ** с ы н. *Тотай, ерке, шолжаң.*

**ТОТЕМ** [ағыл. totem] з а т. м и ф. *Байырғы діни наным-сенім бойынша адамдардың нақты бір тобымен «туыстас» деп саналатын табыну нысанына алынған тіршілік иесі не зат (көбінесе жануар не өсімдік).*

**ТОТЕМИЗМ** з а т. м и ф. *Ру-тайпаның шығу тегін жануарларға, өсімдіктерге немесе табиғат құбылыстарына байланыстыру негізінде қалыптасқан наным-сенімдер мен әдеп-ғұрып, салт-сана жиынтығы.*

**ТОТЕМШІЛДІК** з а т. м и ф. *Ру-тайпаның белгілі бір жан-жануармен, өсімдіктермен тылсым туыстық байланысы бар деп түсінілген ежелгі наным-сенім [Бұл атау Солтүстік Америкада тұратын оджибве тайпасының «ототем – оның тегі» сөзінен шыққан. Зерттеушілер тотемшілдікті адамдардың тұрмыс-салтында ерекше орны бар жануарларды киелендіріп, қасиетті деп санауымен, тіптен табынуымен байланыстырады].*

**ТОТИ=** е т. ж е р г. *Жер соғып қалу, құралақан қалу.*

**ТОТИТ=** е т. *Жер соқтыру, масқара ету.*

**ТОТИТУ** *Тотит етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТИЮ** ж е р г. *Тоти етістігінің қимыл атауы; құрқол, құралақан қалу.*

**ТОТИЯЙЫН** з а т. **1.** х и м. *Кейбір металдардың күкірт қышқылды тұзы, көк түсті дәрі.* **2.** а у ы с. *Көк, көк жасыл.*

**ТОТИЯЙЫНДА=** е т. *Тотияйын жағу.*

**ТОТИЯЙЫНДАЙ** с ы н. **1.** *Өткір, ащы.* **2.** а у ы с. *Көкпеңбек.*

**ТОТИЯЙЫНДАУ** *Тотияйында етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТҚАҚ** з а т. х и м. *Металл заттарды тотықтырғыш ортада қыздырғанда оның бетінде түзілетін тотықтардан тұратын қатты зат.*

**ТОТСЫЗ** с ы н. *Жарқын, еркін.*

**ТОТТАН=** е т. **1.** *Тот басу, таттану.* **2.** *Күреңіту, қараю, түтігу.* **3.** а у ы с. *Көңілі құлазу.*

**Тоттанбайтын болат.** к е н. *Кәдімгі ауада, мұхит және өзен суларында, сондай-ақ кейбір жемір ортада тотығуға төзімді, құрамында көміртек аз, механикалық қасиеттері тұрақты болат.*

**ТОТТАНДЫР=** е т. *Тот бастыру, таттандыру.*

**ТОТТАНДЫРУ** *Тоттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТТАНУ** *Тоттан етістігінің қимыл атауы; таттану.*

**ТОТТЫ** с ы н. *Күсті, күс басқан.*

**ТОТЫ** з а т. з о о л. **1.** *Түрлі-түсті қауырсынды, қырғауыл тектес сұлу құс.* **2.** а у ы с. *Сұлу, әдемі.*

**ТОТЫТӘРІЗДІЛЕР** з о о л. <лат. psittaciformes> *Қазба қалдықтары миоценнен белгілі, дүниежүзіндегі барлық тропиктік және субтропиктік аймақтарда таралған құстардың бір отряды.*

**ТОТЫБАЛЫҚ** з а т. з о о л. *Африкада өсетін балық.*

**ТОТЫҒАТЫНДЫҚ** з а т. *Тотығуға ұшырайтындық.*

**ТОТЫҒУ** *Тотық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тот басу, таттану.* **2.** *Адам бетінің, денесінің күн, жел тиіп, күнге қақталып күрең тартып, қара қошқылдануы.* **3.** х и м. *Элементтің немесе заттың оттекпен әрекеттесу процесі [Тотығу-тотықсыздану реакциялары барысында бөлшектің электрондарынан айырылу процесі. Тотығу кезінде бөлшектің тотығу дәрежесі артады].* **4.** х и м. *Қатты немесе сұйық металдардың оттекпен әрекеттесу процесі.* **5.** т е х. *Тотықтардың пайда болуына алып келетін оттектің металмен (бұйыммен) әсерлесу процесі.* **6.** б и о л. *Ағзадағы зат алмасу процесі.*

**Тотығу белдемі.** г е о л. *Сульфид кенорындары мен кен шоғырларының үстіңгі, яғни грунт сулары деңгейінен биігірек орналасқан қабаты.* **Тотығу дәрежесі.** х и м. *Химиялық қосылысты тек иондардан тұрады деп қарастырғанда әр атомда болатын шартты зарядтың сан шамасы [Бұл ұғым молекуладағы атомдардың күйін сипаттау үшін қолданылады. Кез келген қосылысты иондық қосылыс деп қарастыруға болмайтындықтан, тотығу дәрежесі шартты түрде алынады. Химияда тотығу дәрежесі ұғымы тотығу-тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін, анорганикалық қосылыстардың классификациясын құруда т.б. пайдаланылады].* **Тотығу ингибиторы.** х и м. *Ағаш шайырының 240-300 градустағы фенолды фракциялары жататын бензиннің шайырға не қышқылға айналу үдерісін немесе май өнімдерінің тотығуын тоқтататын заттек.* **Тотығу реакциясы.** х и м. *Оттегінің басқа элементтермен қосылуы.*

**ТОТЫҒУ-ТОТЫҚСЫЗДАНУ** з а т. х и м. *Электрондардың бір атомнан екінші атомға жаппай немесе жартылай ауысуына негізделген химиялық әрекеттесу үлгілерінің үлкен тобы. [Атомның немесе атомдар тобының өз электрондарын беруі нәтижесінде өз валенттілігін өсіруімен сипатталатын химиялық әрекет].* **Тотығу-тотықсыздану белсенділігі.** г е о л. *Таужыныстардың тотығу-тотықсыздану процесі нәтижесінде өздігінен немесе электр өрісі әсерінен зарядталу қасиеті.* **Тотығу-тотықсыздану потенциалы.** х и м. *Электр қозғаушы күш арқылы сипатталатын тотығу-тотықсыздану реакциясы жағдайында заттың электронды қосып алу немесе бөліп шығару қарқындылығының мөлшері; милли-вольтпен өлшенеді [Бұл көрсеткіш ортаның тотықтыру немесе тотықсыздану мүмкіндігінің өлшемі рөлін атқарады; арнаулы аспаптар көмегімен анықталатын бұл шама әдетте Eh шартты белгісімен өрнектеледі].* **Тотығу-тотықсыздану процестері.** х и м. *Жер қыртысында өтіп жататын химиялық реакциялар арасында реакцияға түскен иондар мен атомдарға тән электрондар саны өзгерістерге ұшырайтын процестер.* **Тотығу-тотықсыздану реакциялары.** х и м. *Заттар құрамына кіретін атомдардың тотығу дәрежелері өзгере жүретін реакциялар [XVIII г.-дың аяғында А.Лавуазье жанудың оттекті теориясын ұсынған кезден бастап тотығу заттардың оттекпен қосылуы, ал тотықсыздану оттекті бөліп алу процестері деп қаралған].*

**ТОТЫҒУШЫЛЫҚ** з а т. х и м. *Метал мен оттектің әсерлесуінен пайда болатын өнім.*

**ТОТЫҒЫҢҚЫ** с ы н. *Жел тиіп, күн шалып, қоңырқай тартқан.*

**ТОТЫҒЫҢҚЫРА=** е т. *Қарайыңқырау.*

**ТОТЫДАЙ** с ы н. *Тоты тәрізді.*

**Тотыдай түрленді.** *Құлпырды, жайнады.*

**ТОТЫҚ**[1]**=** е т. **1.** *Тот басу.* **2.** *Элементтердің немесе заттың оттекпен әрекеттесуі.* **3.** а у ы с. *Күн тиіп, жел қағып, түрі күрең тартып қошқылдану.*

**Тотыға фосфорлану.** б и о л. *Төмен молекулалы қосылыстарда оттекпен тотықтыру арқылы полиферментті жүйемен іске асырылатын АЕФ-ты фосфорлағанда АУФ-тың түзілуі.* **Тотыққан шөгінділер.** г е о л. *Су түбінің шөгінділері.*

**ТОТЫҚ**[2] з а т. х и м. <грек. oxys – қышқыл, eidos – түр> *Кез келген элементтің оттегімен қосылысынан түзілген күрделі зат.*

**Тотық алу.** *Шаршау, жабырқау күйге ену.*

**ТОТЫҚҚАНДЫҚ** з а т. *Күнге қарайғандық, күреңіткендік.*

**ТОТЫҚПА** сын. *Тотығатын.*

**ТОТЫҚСЫЗДАН=** ет. хим. *Атомның не ионның электрон қосып алу әрекеті.*

**ТОТЫҚСЫЗДАНДЫР: тотықсыздандыра балқыту.** кен. *Металдарды кендерден немесе концентраттардан қорыту процесі [Бұл процесс металдарды тотықсыздандыру принципіне негізделген. Металлургияда бұл процесті мысты, қорғасынды, никельді, қалайыны, шойынды қорытқанда қолданады. Қорыту процесі шахталы, шағылма, домна және электр пештерінде жүргізіледі].*

**Тотықсыздандыра күйдіру.** кен. *Кенді тотықсыздандыру процесі арқылы күйдіру [Қара металлургияда пайдаланылатын күйдіру процесі тотықтандырушы және тотықсыздандырушы болып бөлінеді].*

**ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРҒЫШ** зат. хим. *Тотығу-тотықсыздану реакциясы кезінде өзінен электрон бөліп, тотығу дәрежесін өзгертетін бөлшек.*

**Тотықтандырғыш жалын.** хим. *Металды (бұйымды) оттекпен әсерлестіруді қамтамасыз етуге икемді жалын.*

**ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРУ** зат. хим. *Металдарды тазартудың негізгі әдістерінің бір түрі; [Сұйық металға оттекпен қосылатын заттар (көміртек, кремний, марганец) жіберіліп, оттек (тотықтар түріндегі) ажыратылып алынады].*

**Тотықсыздандыру процесі.** хим. *Металдарды өздерінің тотықтарынан алудың физикалық-химиялық процесі.*

**ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРУШЫ** сын. *Тотықсыздандыратын.*

**Тотықсыздандырушы атмосфера.** хим. *Пісіру ваннасы аумағындағы тотықсыздандырушы газдардың үлесті шамасы әдеттегі көрсеткіштен арттырылған атмосфера.*

**ТОТЫҚСЫЗДАНУ** зат. кен. **1.** *Реакция кезінде атомның, ионның немесе молекуланың электрон қосып алу процесі.* **2.** *Оксидтерден, хлоридтерден және т.б. металл қосылыстарынан оттек пен хлорды металдардың өздеріне қосып алу немесе беру процестері.*

**Тотықсыздану сыйымдылығы.** геол. *Таужыныстардың минералдық кешенінің тотықсыздану дәрежесін сипаттайтын геохимиялық параметр.*

**ТОТЫҚТАН=** ет. *Тот басу, тотығу.*

**ТОТЫҚТАНДЫР=** ет. *Тот бастыру.*

**ТОТЫҚТАНДЫРҒЫШ** сын. *Тотықтандыратын.*

**ТОТЫҚТАНДЫРУ** *Тотықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТЫҚТАНДЫРЫЛ=** ет. *Таттандырылу.*

**ТОТЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Тотықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТЫҚТАНУ** *Тотықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТЫҚТАР** зат. хим. *Химиялық элементтердің оттекпен түзетін қосылыстары.*

**ТОТЫҚТЫ** сын. кен. *Тотыққан.*

**Тотықты кен.** кен. *Кен ішіндегі пайдалы минералдардың тотықты қосылыстар түрінде болуы.*

**ТОТЫҚТЫР=** ет. *Тотықтандыру.*

**Тотықтыра аминдеу.** хим. *Көмірсутектерді* $NH_3$ *және* $O_2$*-мен әрекеттесіп, азотты органикалық қосылыстарды (нитрилдер, имидтер, қышқыл амидтерін, т.б.) синтездеу.* **Тотықтыра күйдіру.** кен. *Кенді тотықтырғыштар ортасында күйдіру нәтижесінде оның жартылай тотығуы.* **Тотықтыра тазарту.** хим. *Металдарды тотықтандырғыш (О2) ортасында тазалау.*

**ТОТЫҚТЫРҒЫШ** зат. хим. **1.** *Тотығу-тотықсыздану реакциялары кезіндегі электрон қабылдаушы бөлшек (бейтарап атом, молекула, ион).* **2.** әск. *Жанармайды тотықтыруға себебі тиетін ракеталық отынның бір түрі.* **3.** экол. *Тотығу процесіне себепші болатын заттек (озон, азот қос тотығы, асқын тотықтар және т.б.).*

**Тотықтырғыш алаптар.** экол. *Жасанды экожүйе (негізінен оттекпен қанықтырылған белсенді тұнбаны немесе ауаны қолдану арқылы) жасалатын арнайы алаптар (немесе тоғандар).*

**ТОТЫҚТЫРҒЫШТЫҚ** зат. хим. *Тотықтандыратын қасиет.*

**ТОТЫҚТЫРУ** *Тотықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОТЫҚТЫРУШЫ** сын. *Тотықтандыратын.*

**ТОТЫҚҰС** зат. зоол. *Түрлі-түсті қауырсынды, әдемі құс, тоты.*

**Тоты құстай сыланған.** бейн. *Сұлу, әдемі. Тоты құстай таранды [сыланды].* **Әдеміленді, түрленді.**

**ТОТЫША** үст. *Тотықұс сияқты.*

**ТОФАКСИН** зат. мед. *Эфонимдер тектес дәрі.*

**ТОШАҒАШ** зат. жерг. *Кереует, төсекағаш.*

**ТОШАЛ: тошал үй.** жерг. *Артық үй бұйымдары мен азық-түлік қоятын үй, шошала.*

**ТОШАЛА**[1] зат. сөйл. ***Шошала.***

**ТОШАЛА**[2] зат. өс. <лат. grossularia> *Таулы жерде өсетін дәмі қышқыл, домалақ жемісті бұта.*

**ТОШАЛА**[3] зат. жерг. *Сәйгел, оқыра.*

**ТОШЫН** зат. көне. *Қайыңның тозы; қайыңның безі, үйілі.*

**ТОЮ** *Той етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мейлінше, керегінше ішіп-жеу.* **2.** *Малдың тойынуы, бүйірі шығу.*

**ТОЯТ** зат. саят. *Аң алатын аушы құсқа өзі ұстаған аңынан сол сәтте берілетін жылы-жұмсақ ет.*

**Тоят алды.** а) *Тамағын тойғызды, жем жеді.* ә) *Ләззат алды, көңілі риза болды.* **Тоят берді.** *Ләззатқа кенелтті, мейір қандырды.* **Тоят етті.** *Ләззатқа кенелді, мейір қандырды.* **Тоят кезі жетті.** *Жаңа қызық іздеді.* **Тоят төс, салпы ерін.** *Бұл жерде жарау, жүйрік ат туралы айтылып отыр.* **Тоятты алыстан тіледі.** *Нағыз батыр алыстағы жауын мұқатады деген мағынада.* **Тояты қанды.** *Құмары қанды, қызыққа тойды.*

**ТОЯТСЫЗ** сын. *Тойымсыз.*

**ТОЯТСЫЗДАН=** ет. *Құмарлану, құмары қанбау.*

**ТОЯТТА=** ет. **1.** *Тоя жем жеу, тоят алу. т о* **2.** ауыс. *Көңілі толу, қанағаттану, риза болу.* **3.** ауыс. *Саябырлау, баяулап қалу.*

**ТОЯТТАН=** ет. **1.** *Құмарлана жеу, тойыну.* **2.** ауыс. *Риза болу, көңілі толу.*

**ТОЯТТАНДЫР=** ет. **1.** *Тойдыра жегізу, тоят алдыру.* **2.** ауыс. *Қандыру, кенелту.* **3.** ауыс. *Тыңайту, құнарландыру.*

**ТОЯТТАНДЫРУ** *Тояттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЯТТАНУ** *Тояттан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құстың жемге тоюы.* **2.** ауыс. *Құмардан шығу.*

**ТОЯТТАТ=** ет. **1.** *Тойдыру.* **2.** ауыс. *Мейірін қандыру, ләззатқа кенелту.*

**ТОЯТТАТУ** *Тояттат етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЯТТАУ** *Тоятта етістігінің қимыл атауы.*

**ТОЯТТЫ: тоятты төс.** *Көтеріңкі төс, кеуде.*

**ТОЯТТЫҚ** сын. *Қанағаттанарлық.*

**ТОЯТШЫЛ** сын. *Тоятқұмар; қанағатшыл.*

**ТӨБЕ**[1] зат. **1.** *Топырақтан, құм-қиыршық тастан үйіліп қалған, дөңгелене біткен биіктеу, дөң жер.* **2.** этн. *Байырғы қазақ қоғамында әлеуметтік саяси, мәдени мәні жоғары мәселелерді талқылайтын, жұрт жиылып маңызды шешімдер шығаратын орын.* **3.** арх. *Археологияда ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалалардың, елді мекендердің орындарында қалыптасқан жасанды биіктік.*

**Төбе би.** этн. *Негізгі шешімді айтатын басты би.* **Төбеге шықты.** *Мансапқа, атақ-даңққа ие болды.* **Төбеден түспеді.** *Ағалық, үлкендік, қариялық көрсетуден бас тартпады.* **Төбені бекіту коэффициенті.** кен. *Қазба төбесіндегі орнатылған бекітпе ауданының оны ұстап тұратын төбе ауданына қатынасы.* **Төбені құлату қадамы.** кен. *Өзінің және үстінде жатқан таужыныстар массасының әсерімен мезгіл-мезгіл өздігінен құлайтын, бір жағы тіреусіз асылып тұрған төбе таужынысының ең төменгі ұзындық шамасы.* **Төбені [табанды] қопару.** кен. а) *Қазбаның ұңғілеу және шегендеу төлқұжатымен белгіленген көлденең қимасының контуры шегіндегі пайдалы қазылым қатынның төбе (табан) таужыныстарын қазып (ұңғілеу комбайнымен, уатқыш балғамен, бұрғылап жару жұмыстары арқылы) алу [Мұнда алдымен пайдалы қазылым қазып алынады, ал төбе (табан) таужыныстарын қазып алу екі ашық таужыныстық беттер болған ретте жүргізіледі].* а) *Лавада қазу жабдықтарын орналастыруға арналған қажетті биіктіктегі жұмыс кеңістігін жасау мақсатында жұқа көмір қаты табанының таужыныстарын қазып алу.* **Төбені отырғызу.** кен. *Тазартып қазып алу қазбаларындағы кені алынған кеңістіктің төбесіндегі таужыныстарды шегенді әкету арқылы, кейде ұңғылап оған салынған жарылғыш заттарды жарып, жасанды түрде қопарып құлату.* **Төбені отырғызу қадамы.** кен. *Үңгубеттің ілгерілеп жылжу бағытында төбе таужыныстарын отырғызу аралығындағы қашықтық.* **Төбені табиғи отырғызу.** кен. *Тазартып алу ұңғубетінің жылжуына сәйкес, оның ізінше кені алынған кеңістік төбесі таужыныстарының өздігінен құлауы.* **Төбені шабақтау.** кен. *Жер асты қазбасы төбесінен таужыныстардың қопсыған кесектерінің тосыннан құлап түсуін болдырмау үшін ұңғу жұмысында алдын ала жасалынатын қауіпсіздік шаралары.* **Төбе шегені.** зат. кен. *Арқалықтардан тұратын шеген [Олардың екі жақ ұшы қазба қабырғаларында жасалынған арнайы шұңқырларға тіреледі немесе фермаларда тордан қаланған ағаштардың үстіне орнатылады. Бұл әдіс, әдетте, қатты және орнықты таужыныстарда дайындық қазбаларын жүргізу барысында қолданылады].*

**ТӨБЕ**[2] зат. **1.** *Бастың ең үстіңгі бөлігі.* **2.** *Бас киімнің, кимешектің үстіңгі жақ бөлшегі.* **3.** *Үйдің үсті, жабылған жағы.* **4.** *Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы.* **5.** геом. *Геометриялық фигуралардың ең үстіңгі нүктесі.*

**Төбе жастанды.** *Жерленді, көз жұмды.* **Төбе көрсетті.** *Жай келіп көрініп қайтты.* **Төбе құйқасы шымырлады [шымырлап кетті].** *Жаны түршікті, шошынды.* **Төбе қызар от.** *Маздатып жаққан от.* **Төбеге секірді.** *Еркінсіп, басынып алды, төбесіне шықты.* **Төбеммен жер қазсам да табамын.** *Қайтсем де табамын деген мағынада.* **Төбелерінде бишік ысқырды.** *Бишікті қайта-қайта сермеді.* **Төбемнің шұңқыры көрсін**! тілек. *Қайта кездеспейін, көріспейін, Құдай оны көрсетпесін деген мағынада.* **Төбеңді көрмегір**! *Жай ғана айтылған жеңіл-желпі қарғыс.* **Төбеңнен ұрғыр**! қарғ. *Тәңір атқыр, оңбағыр, Құдайдың қаһары соққыр*! **Төбесі көкке бір-ақ [екі-ақ] елі жетпеді [жеткен жоқ].** *Мәз болды, қатты қуанды; мақтаныш кернеді.* **Төбесі көкке екі елі жетпеді [тимеді].** *Қатты қуанды, мәз-майрам болды.* **Төбесі көкке жетті [тиді].** *Ойындағысы орындалып, шектен тыс масаттанды, мәре-сәре болып, қатты қуанды.* **Төбесі көкке тигендей [тиердей] қуанды [риза болды]**. *Бар арманы орындалғандай, ойындағы ісі жүзеге асқандай қуанды, мәз болды.* **Төбесі көрінді.** *Елес берді, көзге шалынды, қылт етті.* **Төбесіне әңгір таяқ [ат] ойнатты.** *Ұрып-соқты; зорлық көрсетті, қорлады.* **Төбесіне жаңғақ шақты.** жерг. *Әкіреңдеп, тынышын алды.* **Төбесіне көтерді.** *Қадірлеп құрметтеді, сый көрсетті.* **Төбесіне ойнады [шықты]**. *Зорлық көрсетті, басынды, қорлады.* **Төбесінен ділда құйды.** *Үлде мен бүлдеге орап, баптап күтті.* **Төбесінен [төбеден] жай түскендей [болды].** а) *Аяқ астынан болған жағдайдан кенет қатты сасып, есі шығып, есеңгіреп қалды.* ә) *Ауыр соққы алғандай сілейіп қатты.* **Төбесінен күй қазды.** *Мазасын алды, тынышын кетірді, азапқа салды, қинады.* **Төбесінен түсті.** *Дәл тапты, үстінен түсті.* **Төбесі тесік.** *Өзі тілінен басқа тілді де біледі деген мағынада.* **Төбесін**

**тесті**. *Мазасын кетірді, зығын шығарды; айыптады, қателігі үшін жазасын берді.* **Төбесінен тік тұрды**. *Қатты құрметтеді, бар бейілімен жүгіріп жүріп күтті, қатты сыйлады, құрметтеді; мадақтады.* **Төбесі тесік [жарық]**. *Өзге тілді түсініп қалатындай хабары бар деген мағынада.* **Төбе шашы тік тұрды**. *Тұла бойы түршікті, қатты қорықты.*

**ТӨБЕ**[3] зат. жерг. *Малды сойып, жіліктеп бөлісіп алудағы халық өлшемінің түрі.*

**ТӨБЕ**[4] зат. этн. *Діни ғұрып бойынша жерлеуге келгендерге қайтыс болған адамның туыстары оның киім-кешегін, басқа да заттай, ақшалай сыйсияпаттарын таратқанда тиетін үлес.*

**ТӨБЕБАСЫ** зат. этн. көне. *Той-жиын өткізуге жауапты адам.*

**ТӨБЕДЕЙ** сын. **1.** *Үлкен, дәу, еңгезердей.* **2.** *Мол, көп.*

**ТӨБЕЖАБЫН** зат. *Тұрақты баспаның шатыры.*

**ТӨБЕКЕРІТПЕШ: төбекертпештеп қазу**. кен. *Кенді төменнен жоғары қарай кеңістіктің төбесінен кертпештер жасай отырып қазу әдісі.*

**Төбекертпешті қазу жүйесі.** кен. *Кен шоғырының ұзына бойына арасы әрбір 25 м сайын жүргізілген бұрғылау өрлемесі бар блокты панельдерге бөліп қазу жүйесі.*

**ТӨБЕЛ** зат. *Жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ.*

**Төбел бие.** *Маңдайында дөңгелек ақ дағы бар бие.* **Төбел таз**. *Төбе шашы дөңгелене түскен таз.*

**ТӨБЕЛДІРІК**[1] зат. **1.** *Әйелдердің бас киімінің төбесіне орнатылған әшекей.* **2.** *Жас, әлсіз түйеге арналған бас жабуы.*

**ТӨБЕЛДІРІК**[2] зат. жерг. *Самауырдың от өшіргіші, кемпірек.*

**ТӨБЕЛДІРІК**[3] зат. кәс. *Жүгеннің төбеге келетін бөлігі.*

**ТӨБЕЛДІРІК**[4] зат. жерг. кәс. *Мәтке, белағаш, арқалық.*

**ТӨБЕЛДІРІК**[5] зат. жерг. *Үйдің, мешіттің сыртқы күмбезі.*

**ТӨБЕЛЕ**[1]**=** ет. **1.** *Үсті-үстіне ұрғылап соққылау; төпеу.* **2.** жерг. *Таптау, басу.* **3.** жерг. *Ұру, соғу (егін сабағын).*

**ТӨБЕЛЕ**[2]**=** ет. жерг. *Қайталау.*

**ТӨБЕЛЕ**[3]**=** ет. жерг. этн. *Сойған малдың етін жіліктеп бөлу, жіліктеп бөліп алу.*

**ТӨБЕЛЕС** зат. **1.** *Ұрыс, қол жұмсалған жанжал, керіс.* **2.** *Иттердің таласы.*

**ТӨБЕЛЕС=** ет. *Бірін-бірі ұрып жанжалдасу, ұрысу, жұдырықтасу.*

**ТӨБЕЛЕСЕРМЕН** үст. *Төбелесуге сәл-ақ қалған жағдай.*

**ТӨБЕЛЕСКІШ** сын. *Төбелесқұмар, жұдырық жұмсағыш, байланысқыш.*

**Төбелескіш боксшы.** *Жан-жақты тәсілдер мен әдістерді меңгере алмаған, қорғаныс әрекеттеріне мән бермейтін, қарсыласымен дөрекі соққы алмасуды ғана мақсат тұтатын спортшы.*

**ТӨБЕЛЕСҚОЙ** сын. *Төбелескіш, төбелесқұмар.*

**ТӨБЕЛЕСҚОЙЛЫҚ** зат. *Төбелесуге бейімділік, төбелесқұмарлық.*

**ТӨБЕЛЕСҚОР** сын. *Төбелесқой.*

**ТӨБЕЛЕСҚҰМАР** сын. *Төбелескіш, төбелесқой.*

**ТӨБЕЛЕСТІР=** ет. *Төбелескізу, жұдырықтастыру.*

**ТӨБЕЛЕСТІРУ** *Төбелестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨБЕЛЕСУ** *Төбелес етістігінің қимыл атауы; бірін-бірі ұру, жұдырықтасу.*

**ТӨБЕЛЕУ** *Төбеле етістігінің қимыл атауы; ұру, соғу, соққылау.*

**ТӨБЕЛТАМ** зат. жерг. *Күмбезден соғылған ескерткіш, там.*

**ТӨБЕЛІ** сын. **1.** *Шатырлы, шатыры бар.* **2.** *Бас киімі ұшкір, биік төбелі деген мағынада.*

**ТӨБЕЛІК** зат. **1.** *Бір заттың төбе тұсы, ең жоғарғы жағы.* **2.** *Театр сахнасының жарық түсіруші құралдары ілінетін орын, жер.*

**ТӨБЕ-ТӨБЕ** сан. *Өте көп, мол.*

**ТӨБЕСОРАҢ** зат. өс. <лат. folaitum> *Сорқаңбақтың бір түрі.*

**ТӨБЕТ** зат. **1.** *Үлкен арлан ит; қора күзететін үлкен ит.* **2.** ауыс. *Көбінесе жексұрын, оңбаған ештеңенің парқын айырмайтын пасық деген мағынада ұнатпаған ер адамдарға айтылатын сөз.*

**ТӨБЕТЕЙ** зат. сөйл. *Тебетей, тақия.*

**ТӨБЕТЕЙЛІ** сын. *Төбетей киген, төбетейі бар.*

**ТӨБЕТТЕЙ** сын. *Төбет тәрізді.*

**ТӨБЕТТІК** зат. *Төбетке тән қасиет.*

**ТӨБЕТШЕ** үст. *Төбет сияқты.*

**ТӨБЕШЕ** зат. *Кішкентай төбешік.*

**ТӨБЕ-ШОҚЫ** зат. *Төбелер мен шоқылар.*

**ТӨБЕШІК**[1] зат. **1.** *Кішірек төбе, төбеше, обашық.* **2.** геол. *Біршама жазық алқаптарда жеке-дара көрініс беретін немесе бір-біріне тізбектеле созылатын онша биік емес, баурайлары біршама құламалы жоталар.*

**Төбешік құм.** *Бұта түбіне желмен үрілген шаңтозаңды құмдардың өсімдіктерден бөлінген тұздармен шыланып, цементтелуінен қалыптасып, микробедердің құмды шөлдерде кездесетін пішіні.*

**ТӨБЕШІК**[2] зат. *Ботаның төбесі тоңбас үшін кигізілген төбелдірікке ұқсас жабу.*

**ТӨБЕШІКТЕЙ** сын. *Төбешік сияқты.*

**ТӨБЕШІКТЕН=** ет. *Дөңестену, биіктей түсу.*

**ТӨБЕШІКТЕНУ** *Төбешіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨБЕШІКТЕУ** сын. *Аса биік емес, дөңестеу.*

**ТӨБЕШІКТІК** сын. *Төбешігі бар.*

**Төбешік құмдар.** *Оқшау өскен бұталардың түбінде болатын дөңгелек немесе сопақша пішінді кішкене төбешік түріндегі тұрақты құм шоғыры.*

**ТӨГЕЛ** үст. көне. ***Түгел.***

**ТӨГЕ-МӨГЕ** үст. *Төгіп-шашып, төгер-төкпестен.*

**ТӨГЕРЕК**[1] зат. жерг. ***Төңірек.***

**ТӨГЕРЕК**[2] *Қағытпа сөзді тыңдамау, «жұмырлану», ширену.*

**ТӨГУ**[1] *Төк етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйықтықты, ұсақ, үгінді затты бір жерден екінші жерге ақтару, аудару, құю.* **2.** ауыс. *Өлең, жыр, ән, күйді ағытып-ағытып жіберу, бірінен кейін бірін орындау, төпелеу.*

**ТӨГУ**[2] жерг. *Иірілген, ширатылған жіпті домалақтау.*

**ТӨГУШІ** зат. *Затты, сұйықтықты ақтарушы, құюшы.*

**ТӨГІЛ=** ет. **1.** *Ақтарылу, құйылу, шашылу.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне топырлау, қаптатылу, жаңбырша жаудырылу.* **3.** ауыс. *Өлең, жыр, күйдің ағытылып, бірінен кейін бірінің орындалуы, төпелену.* **4.** ауыс. *Шалқу, асып-тасу.* **5.** ауыс. *Ақтарылып айтылу, ашылу.* **6.** *Ағаштың, өсімдіктің әбден пісіп, жемісі, жапырақтары салбырап түсе бастауы, құйылу.* **7.** ауыс. *Әдемілене ұп-ұзын болып, төмен салбырау, жайыла сәлбіреу.*

**ТӨГІЛГІШ** сын. *Қатты піскеннен құйылып тұратын.*

**ТӨГІЛДІР=** ет. **1.** ауыс. *Ән-жырды ағыттыру, бірінен кейін бірін орындап, төпелеттіру.* **2.** *Әдемілендіру, сәндендіру.* **3.** ауыс. *Ақтарылып айту.*

**ТӨГІЛДІРУ** *Төгілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨГІЛМЕ** сын. **1.** *Ағытылған, төкпелі.* **2.** *Ырғақты, сар (желіс).*

**ТӨГІЛМЕЙ-ШАШЫЛМАЙ** үст. *Шығындалмай, жан-жаққа шашырамай, шашау шықпай.*

**ТӨГІЛМЕЛІ** сын. **1.** *Ағытылған, төкпелі, құйқылжыған.* **2.** *Сыңғыр-сыңғыр еткен жағымды.* **3.** *Ырғақты, әсем (жүріс).* **4.** *Төгілген, әдемі, сәнді.*

**ТӨГІЛМЕЛІ-ТӨКПЕЛІ** сын. *Құйқылжи ағытылған.*

**ТӨГІЛТ=** ет. **1.** ауыс. *Құйқылжыту, ән-күйді бірінен кейін бірін орындап төпелету.* **2.** ауыс. *Атты ағызып заулату, жорғалата басу.* **3.** ауыс. *Шашты, т.б. төмен қарай көлкілдетіп, салбыратып қою.*

**ТӨГІЛТУ** *Төгілт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨГІЛУ** *Төгіл етістігінің қимыл атауы. Ақтарылу, құйылу.*

**ТӨГІЛІП-ШАШЫЛ=** ет. **1.** *Жан-жаққа шашырау, ернеуінен шығып құйылу.* **2.** *Ысырап болу, ақтарылу.* **3.** *Пісіп, салбырап құйылу.*

**ТӨГІН** зат. жерг. *Жер тыңайтуға жұмсалатын көң, қорда.*

**ТӨГІНДІ** сын. *Төгіп тасталған, төгілген (су, сұйықтық, сусымалы зат).* // тех. *Қоршаған ортаға ақаба сумен бірге төгіліп, сыртқа шығарылатын ластағыш заттектер (қоспалар) немесе артық мөлшердегі жылу.*

**ТӨГІП-ШАШ=** ет. *Шашып-төгу, ысырап қылу.*

**ТӨГІС=** ет. **1.** *Бірге төгу, ақтарысу.* **2.** кәс. *Жіпті аударысу.* **3.** ауыс. *Ақтарылып айтысу, ашылып сөйлесу.*

**ТӨГІССІЗ**: **қан төгіссіз. *Қантөгіссіз*** *(қырғынсыз, жойқын соғыссыз).*

**ТӨГІСУ** *Төгіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨГІРІК** моңғ. зат. қаржы. *Моңғолияның ақша бірлігі.*

**ТӨЗ=** ет. *Әртүрлі қиын жағдайға көну, төзімділік көрсету, шыдау.*

**Төзіп бақты.** *Соңына дейін шыдады, артын күтті.*

**ТӨЗБЕУШІЛІК** зат. *Әлденеге келіспеушілік, шыдамның шегіне жетуден қарсы әрекет жасаушылық.*

**ТӨЗГІСІЗ** сын. *Шыдап болмайтын, жан түршігерлік.*

**ТӨЗГІШ** сын. *Неге болса да көнгіш, төзімді, шыдамды.*

**ТӨЗГІШТІК** зат. *Көнгіштік, төзімділік, шыдамдылық.*

**ТӨЗДІР=** ет. *Көндіру, төзімділік көрсету, шыдаттыру.*

**ТӨЗДІРУ** *Төздір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЗУ** *Төз етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЗІКТІК** сын. ***Төзгіштік.***

**ТӨЗІМ** зат. *Шыдам, тағат, сабыр.*

**Төзім бітті [ада қылды].** *Шыдатпады, шыдамы таусылды.* **Төзім етті [тапты].** *Өзін-өзі ұстап, сабыр тұтты, шыдамдылық көрсетті.* **Төзімі жетпеді таусылды.** *Одан әрі төзе алмады, шыдамады.* **Төзімі тозды.** *Шыдамы таусылды.*

**ТӨЗІМДЕЙ** сын. *Төзім сияқты.*

**ТӨЗІМДІ** сын. **1.** *Шыдамды, көнімпаз.* **2.** *Құрамындағы қасиетті жоғалтпайтын, берік, мықты, қатты.* **3.** қоғ.-әлеу. *Өзге сенімдегі, көзқарастағы адамның, қоғамның ерекшелігін, мінез-құлқын қабылдай білетін, кемшілікке кешіріммен қарайтын, толерантты.*

**ТӨЗІМДІК** сын. сөйл. ***Төзімділік.***

**ТӨЗІМДІЛЕУ** сын. **1.** *Шыдамдылау, көнбістеу, мықтылау.* **2.** *Беріктеу, мықтылау.*

**ТӨЗІМДІЛІК** зат. **1.** *Шыдамдылық, көнбістік.* **2.** тех. *Сыртқы ортаның қолайсыз әсерінен немесе ұзақ уақыт сақталғанда материалдардың, аспаптардың белгілі бір қасиеттерін жоғалтпау қасиеті; беріктік, мықтылық.* **3.** *Түрдің қандай да бір экологиялық фактордың ауытқуына, ағзаның белгілі бір заттың, удың жағымсыз әсеріне шыдамдылығы.*

**ТӨЗІМДІРЕК** сын. **1.** *Төзгіштеу, төзімділеу.* **2.** *Бойындағы қасиетін жоғалтпайтын, беріктеу.*

**ТӨЗІМПАЗ** сын. *Неге болса да шыдамды, төзімді.*

**ТӨЗІМПАЗДЫҚ** зат. *Шыдамдылық, төзгіштік.*

**ТӨЗІМСІЗ** сын. *Еш нәрсеге төзе алмайтын, шыдамсыз.*

**ТӨЗІМСІЗДЕН=** ет. *Шыдамсыздану, тағатсыздану, сабырсыздану.*

**ТӨЗІМСІЗДЕНУ** *Төзімсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЗІМСІЗДЕУ** сын. *Шыдамсыздау, тағатсыздау, сабырсыздау.*

**ТӨЗІМСІЗДІК** зат. **1.** *Шыдамсыздық, тағатсыздық, сабырсыздық.* **2.** *Төзбеушілік, төзе алмаушылық.*

**ТӨЗІМТАЛ** сын. **1.** *Шыдамды, төзімді, төзімпаз.* **2.** *Қолайсыз әсерге төзгіш, белгілі бір қасиеттерін жоғалтпайтын.*

**ТӨЗІМТАЛДЫҚ** зат. *Шыдамдылық, төзгіштік.*

**ТӨЗІМШІЛ** сын. *Шыдамды, төзімтал, көнбіс.*

**ТӨЗІМШІЛДІК** зат. *Шыдамдылық, төзімділік.*

**ТӨЗІМШІЛІК** зат. сөйл. ***Төзімшілдік.***

**ТӨЗІН=** ет. стиль. *Төзу, төзімділік көрсету.*

**ТӨЙГЕ-ТӨЙГЕ** од. *Қозыны енесіне телуде айтылатын сөз.*

**ТӨЙГЕЛЕ=** ет. *Қозы-лақты өзінің немесе өзге енеге телігенде қоңыр, баяу ырғақты, біртекті созылыңқы жыр жолдарын айту.*

**ТӨЙГЕЛЕУ** *Төйгеле етістігінің қимыл атауы.*

**Төйгелеу жыры.** *Кәсіпке байланысты тұрмыс-салт жырына енетін емшілік мақсаттағы жыр.*

**ТӨК=** ет. **1.** *Сұйық, сусымалы, уақ затты жерге шашу, ыдысқа ақтару, құю.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне топырлату, қаптату, жаңбырша құю.* **3.** ауыс. *Барын мол етіп аямай жұмсау, бас-аяғына қарамай шашу.* **4.** ауыс. *Өлең, жыр, ән, күйді ағытып жіберу, бірінен кейін бірін орындау.* **5.** ауыс. *Жіпті бір нәрседен екінші бір нәрсеге аударып орау.* **6.** жерг. *Бір қағаздан екінші қағазға қотарып жазу, аудару.*

**Төккен кестедей.** а) *Әдемі, көркем.* ә) *Анық, жатық, танық.*

**ТӨККІЗ=** ет. **1.** *Ақтарып аққызу, құйғызу.* **2.** ауыс. *Өлең, жыр, ән, күйді ағытып жібергізу, орындатқызу.*

**ТӨККІЗДІР=** ет. *Ақтарып құйғыздыру.*

**ТӨККІЗДІРУ** *Төккіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨККІЗУ** *Төккіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨККІШ** зат. *Бір нәрсені төгіп тұратын аспап, құрал.*

**ТӨКПЕ**[1] зат. *Төгіліп тасталған үйінді.*

**ТӨКПЕ**[2] зат. жерг. *Қамыстан тоқылған кепе қабырғасының сыртынан жел соқпау үшін қапталған қосымша қамыс не қоға.*

**ТӨКПЕ**[3] сын. *Тоқтаусыз төгілтіп әкететін.*

**Төкпе жаңбыр [нөсер].** *Төгіп-төгіп нөсерлетіп жауатын өткінші жауын.* **Төкпе күй.** *Күйдің аса қарқынмен, сыдыртып, төгілтіп орындалатын түрі.* **Төкпе жорға.** *Еш уақытта жорғасынан жаңылмайтын жылқы.* **Төкпе шығарғыш.** жерг. *Суырыпсалма.*

**ТӨКПЕЙ-ШАШПАЙ** үст. *Ысырап қылмай, шашау шығармай.*

**ТӨКПЕКТЕ=** ет. *Үсті-үстіне төгу, үстемелеу.*

**ТӨКПЕКТЕТ=** ет. **1.** *Төпелету, үдете бастырмалату.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне төккілетіп орындау, үстемелетіп айту.*

**ТӨКПЕКТЕТУ** *Төкпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨКПЕКТЕУ** *Төкпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨКПЕЛЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта құю, дүркін-дүркін нөсерлеп жауу.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне үйіп-төгіп, бастырмалап, тез-тез айту.*

**ТӨКПЕЛЕТ=** ет. **1.** *Қайта-қайта құю, дүркін-дүркін нөсерлетіп жауу.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне үйіп-төгіп, баса-көктеп, тез-тез айту.*

**ТӨКПЕЛЕТУ** *Төкпелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨКПЕЛЕУ** *Төкпеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨКПЕЛІК** зат. *Төгіп-төгіп жіберушілік.*

**ТӨКТІР=** ет. **1.** *Сұйық, сусымалы ұсақ затты ақтарту, құйдыру.* **2.** ауыс. *Үсті-үстіне топырлату, жаңбырша жаудыру.* **3.** ауыс. *Барын жұмсап, шаштыру.*

**ТӨКТІРТ=** ет. **1.** *Сұйық, сусымалы ұсақ затты ақтарту, құйдырту.* **2.** ауыс. *Бөлдірту.*

**ТӨКТІРТУ** *Төктірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨКТІРУ** *Төктір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛ**[1] зат. *Малдың, жануардың жаңа туған құлыны, ботасы, қозысы, лағы.*

**Төл ажырату.** малшар. *Төрт түлік малдың төлін енесінен бөліп алу.* **Төл айы.** малшар. *Мал төлдейтін сәуір, мамыр айлары.* **Төл басы**. *Ең алғашқы мал; құтпан.* **Төлдің жұқпалы аурулары.** вет. *Мал төлінде кездесетін ішек-асқазан, тыныс алу жолдарының, буындарының қабынуы немесе зақымдануы т.б. тері аурулары.* **Төлді оңғару.** *Теріс келген төлді қолмен оңғарып туғызу.* **Төлді телу.** малшар. *Төлді өз енесінен немесе басқа саулыққа арнайы әрекет, тәсіл арқылы қабылдату.* **Төлдің еруі.** *Малдың төлдеуі, төлдің көбеюі.* **Төл қой.** *Қозысы өлгендіктен басқа қойдың қозысына телінген қой.* **Төл тышқағы**. *Суық тию, бұзылған сүт ему, артық ему салдарынан болатын тышқақ ауруы.*

**ТӨЛ**[2] сын. *Жеке өз басына тән, меншікті, байырғы.*

**Төл ат.** *Адамның өзіне ғана тиесілі, өзі ғана мінетін аты.* **Төл атан нар.** түйешар. *Жасынан шаруаның қолында бағылып өсіріліп, піштіріліп жіберілген нар.* **Төл сөз.** лингв. *Сөйлеушінің не жазушының сөзінде ешқандай өзгеріссіз, бұлжытпай қолданылған басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөздің ешқандай өзгеріске ұшырамай берілген түрі.* **Төл тары.** жерг. *Жергілікті жердің, Сыр бойының тарысы.*

**ТӨЛДЕ=** ет. *Малдың, жануардың тууы, балалау; қоздау, лақтау, құлындау, боталау, бұзаулау.*

**ТӨЛДЕГІШ** сын. *Жыл сайын төлдейтін, балалағыш.*

**ТӨЛДЕГІШТІК** зат. *Малдың төлдеуге бейімділігі.*

**ТӨЛДЕЙ** сын. *Төл сияқты.*

**ТӨЛДЕМЕ** зат. *Төл алу науқаны.*

**ТӨЛДЕН=** ет. *Төл беру, төлдеу.*

**ТӨЛДЕТ=** ет. *Төл алғызу, тудырту.*

**ТӨЛДЕТУ** *Төлдет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛДЕТІЛ=** ет. *Төл алғызылу, туғызылу.*

**ТӨЛДЕУ** *Төлде етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛДІ** сын. *Төлі бар, төлдеген.*

**ТӨЛДІЛІК** зат. *Төлдеу қасиеті.*

**ТӨЛЕ** зат. жерг. *Жерден қазылған үй.*

**Төле қора.** жерг. *Жайма, ашық қамыс қора.*

**ТӨЛЕ=** ет. *Бір заттың, нәрсенің құнын беру, ақысын өтеу.*

**ТӨЛЕЖУ** *Төлежі етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕЖІ=** ет. *Жас сәби мен төлдің өсуі, марқайып есеюі, жетіле бастауы.*

**ТӨЛЕҚОРА** зат. жерг. *Жайма, ашық қамыс қора.*

**ТӨЛЕМ** зат. **1.** *Бір нәрсенің орнына берілген, өтелген зат.* **2.** қаржы. *Сатып алынған тауарлар, көрсетілген қызметтер, пайдаланылатын ресурстар, берілген несие үшін төленуге тиіс ақшалай қаражат, сондай-ақ міндеттемелер бойынша есептесу нысанындағы заңмен белгіленген жарналар.*

**Төлем айналымы.** қаржы. *Ақша төлем құралы ретіндегі міндетін атқара отырып, міндеттемелерді өтеу үшін пайдаланылып, қолма-қол ақшасыз нысанда да, қолма-қол ақша нысанында да жүзеге асырылатын ақша айналымының бір бөлігі.* **Төлем балансы**. қаржы. *Төлем түріндегі ақшалай қаражаттың елден елге қозғалуын сипаттайтын кесте, тізімдеме.* **Төлем валютасы**. қаржы. *Тауар нақты төленетін немесе несие берілетін валюта.* **Төлем карточкасы.** қаржы. *Электронды терминалдар, өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы болып оны ұстаушының төлем төлеуіне, қолма-қол ақша алуына, валюталарды айырбастауына, төлем карточкасын шығарушы белгілеген және соның шарттарына негізделген басқа да операциялар жасауына мүмкіндік беретін магнит қабатты пластикалық карточка.* **Төлем келісімі**. қаржы-экон. *Екі немесе бірнеше ел арасындағы өзара есеп айырысулар мен төлемдерді айқындап, реттейтін құқықтық акт.* **Төлем қабілеті.** қаржы. *Мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың төлем бойынша өзміндеттемелерін өздерінде бар ақшалай қаражаттың есебінен төлеп, толық орындауға қабілеттілігі.* **Төлем мерзімін ұзарту**. қаржы. *Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу бір жолғы тәртіппен немесе толық сомада емес, бөліп-бөліп төлену арқылы жүзеге асырылатын әдіс.* **Төлем талабы.** қаржы. *Жеткізушінің жөнелтілген тауар, орындалған жұмыс немесе көрсетілген қызмет үшін төлемшінің шотынан өзіне тиесілі қаражат сомасын аударуға берген бұйрығын қуаттайтын есеп айырысу құжаты.* **Төлем тапсырмасы**. қаржы. *Төлемшінің өз шотынан алушының шотына қаражат аудару туралы банкке берген бұйрығын қуаттайтын есеп айырысу құжаты.* **Төлем тәртібі.** қаржы. *Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың, мекемелердің немесе жекелеген азаматтардың төлемдерді дәл белгіленген мерзімде әрі толық көлемде төлеу жөніндегі міндеттемесі.* **Төлем тізімдемесі**. қаржы. *Жұмысшылар мен қызметшілерге жалақы, сыйақы, еңбекке жарамсыздығына байланысты жәрдемақы немесе басқа да төлемдер беруге арналған бухгалтерлік кассалық құжат.* **Төлем шлюзі** инф. *Транзакциялық қызметтер көрсету төлемдері жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе.*

**ТӨЛЕМАҚЫ** зат. қаржы. *Халыққа қызмет көрсету орындарында төленетін тиесілі ақша.*

**ТӨЛЕМДЕЙ** сын. *Төлемі сияқты, еңбекақысындай.*

**ТӨЛЕМДІ** сын. сөйл. **Төлемдік.**

**ТӨЛЕМДІК** сын. *Ақысы төленетін, төленуі тиіс.*

**ТӨЛЕМҚҰЖАТ** зат. *Ақысы төленгендігін растау үшін берілетін құжат түрі.*

**ТӨЛЕМСІЗ** сын. *Ақысы төленбеген.*

**ТӨЛЕМШІ** зат. *Ақысын төлеуші.*

**ТӨЛЕН=** ет. **1.** *Бір заттың, нәрсенің құны берілу, ақысы өтелу.* **2.** ауыс. *Өтеуі болу, қайтымы жасалу.*

**ТӨЛЕНУ** *Төлен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕНІЛ=** ет. *Бағасы, құны беріліп, ақысы өтеліну.*

**ТӨЛЕНІЛУ** *Төленіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕҢГІТ** зат. көне. **1.** *Төренің күтушісі, малшы-жалшы қызметшісі.* **2.** *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсүйек-төрелерге (хандар мен сұлтандар) қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы [Төлеңгіттер негізінен жаугершілік замандарда сырт елдерге жорық жасау барысында қолға түсіп, билеушілердің жеке иелігіне берілген соғыс тұтқындарынан тұрды].*

**ТӨЛЕТ=** ет. *Бағасын, құнын бергізу, ақысын өтету.*

**ТӨЛЕТКІЗ=** ет. *Бағасын, құнын бергізу, ақысын өтеткізу.*

**ТӨЛЕТКІЗУ** *Төлеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕТТІР=** ет. *Бағасын, құнын бергіздіру, ақысын өтеттіру.*

**ТӨЛЕТТІРУ** *Төлеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕТУ** *Төлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕТІЛ=** ет. *Бағасы, құны бергізілу, ақысы өтетілу.*

**ТӨЛЕТІЛУ** *Төлетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨЛЕУ**[1] зат. **1.** *Ақша яки заттай мөлшерлеген баға, құн, ақы, төлем.* **2.** *Қайтарылған қарымта, өтеу.*

**ТӨЛЕУ**[2]**: төлеу сөз.** лингв. *Бөгде сөздің айтылған қалпын сақтамай, өзгеріске ұшырап, тек мазмұнының сақталған түрі.*

**ТӨЛЕУ**[3] *Төле етістігінің қимыл атауы; төлемін беру, құнын өтеу.*

**ТӨЛЕУСІЗ** сын. *Төленбеген, қарыз болып кеткен.*

**ТӨЛЕУШІ** зат. *Бір нәрсенің ақысын, ақшасын төлейтін адам.*

**ТӨЛЖАНДЫ** сын. *Мал төлін жақсы күтетін, төлге жаны ашығыш.*

**ТӨЛЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Төлге жаны ашығыштық.*

**ТӨЛКЕ** зат. тех. **1.** *Доңғалақ күпшегінің орталық бөлігі.* **2.** *Жалғасушы бөлшекті өткізуге арналған тесігі бар домалақ сақина түріндегі тетік.*

**ТӨЛКЕЛІ** сын. *Төлкесі бар.*

**ТӨЛҚҰЖАТ** зат. <франц. passeport> *Жеке адамның аты-жөні, ата-тегі, туған күні мен туған жері жазылып, жеке басын куәландыратын ресми құжат.* **2.** *Кәсіпорын, ғимарат, түрлі көлік құралдары, тұрмыстық құрал-жабдықтар туралы негізгі мәлімет жазылған тіркеу құжаты.*

**Төлқұжат жүйесі.** *Халықтың өсуін, орын ауыстыруын есепке алып, реттеуге негізделген құқық нормаларының жолы.*

**ТӨЛҚҰЖАТТАНДЫР=** ет. *Жеке басты куәландыру.*

**ТӨЛҚҰЖАТТАНДЫРУ=** ет. *Жеке басты куәландырып, төлқұжат бергіздіру.*

**ТӨЛҚҰЖАТТАУ** зат. *Төлқұжат жүйесін енгізу үдерісі.*

**ТӨЛМӘДЕНИЕТ** зат. *Мәдениеттануда тұлғаның өзі тәрбиеленіп өскен ортасы, дәстүрлі мәдениетіне байланысты қолданылатын ұғым-термин.*

**ТӨЛНАҚЫШ** зат. өнер. ***Автогравюра.***

**ТӨЛНҰСҚА** зат. геол. *Зерттеу нысанын салыстыра саралауға керекті, сыр-сипаты алдын ала анықталған үлгі.*

**ТӨЛСЫМБАТ** зат. өнер. *Автопортрет, суретшінің өзі салған өз портреті.*

**ТӨЛТАҢБА** зат. сөйл. *Автотипия (қолдан жасалған және түсіріп алынған суреттерді фотомеханикалық әдіспен суретке түсіру тәсілі).*

**ТӨЛТАҢБАЛАУ** зат. геол. *Нысандарға тән белгілерді екінші таңбалар арқылы кескіндеу үдерісі.*

**ТӨЛТУМА** зат. *Автордың өз қолынан шыққан шығарманың қолжазбасы, құжаттың түпнұсқасы.*

**ТӨЛТҮР** зат. биол. <грек. endemos> *Жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір біршама шағын географиялық аймақта ғана кездесетін түрлері, туыстары, туыстықтары немесе басқа да таксондары, эндемиялық түр.*

**ТӨЛХАНА** зат. *Жаңа туған төлдерді бөлек күтімге, бағуға арналған жеке орын.*

**ТӨЛШЕ** үст. *Төл тәрізді.*

**ТӨЛШЕҢ** сын. *Төл бергіш, өсімтал.*

**ТӨЛШІ** зат. малшар. *Төл аяқтандырушы адам.*

**ТӨЛШІЛ** сын. *Төл бергіш, төлдегіш.*

**ТӨЛШІЛІК** зат. *Төл бергіштік, төлдегіштік.*

**ТӨМЕН** үст. **1.** *Жоғарыға, биікке қарама-қарсы жақ, еңіс.* **2.** ауыс. *Ой, ылди, етек.* **3.** ауыс. *Өзен ағысының аяққы бөлігі, төмен жақ.* **4.** ауыс. *Көңілдегідей жақсы емес, нашар. // Артта қалған, деңгейі пәс.*

**Төменге түсті.** *Ылдилады, таудың етегіне құлдырады.* **Төмен дәрежелі метаморфизм.** геол. *Жасыл тақтатастар фациясы.* **Төмен ескен жел.** геогр. *Вертикаль құрамдасымен қосылып, аңғар бойымен немесе беткейімен төмен қарай ескен жел; мыс., фен, бора, ағынды жел, мұздық желі және т.б.* **Төмен қарайғы.** *Төмен жағындағы, төменгі.* **Төмен қарады [басын төмен салды].** *Жерге қарады, түнжырады.* **Төмен қолды.** *Нашар, өтімді емес (тауар).* **Төмен санады.** *Біреуді өзінен кем деп есептеді, кемітті.*

**ТӨМЕНГІ** сын. **1.** *Астыңғы, бір нәрсенің астында орналасқан.* **2.** *Еңісте орналасқан, ылдида жатқан.* **3.** *Төменде көрсетілген, кейінгі.*

**Төменгі деңгей.** сушар. *Ағын судағы судың ең төмен деңгейі.* **Төменгі ендіктер.** геогр. *Жер шарының, шамамен, 40° солтүстік және оңтүстік ендіктері аралығында орналасқан тропиктік және субтропиктік атыраптардың шартты атауы.* **Төменгі индекс.** инф. <ағыл. subscript> *Берілген жолдың символдарынан біршама төмен орналасқан мәтін бөлігі.* **Төменгі класс [сынып].** *Бастауыш сынып.* **Төменгі көміртекті болат.** *Көміртектің мөлшері 0,25%-дан аз болатын көміртекті болат.* **Төменгі регистр.** инф. <ағыл. lower case> *Ағылшын алфавиттеріне сәйкес келетін пернетақтаның қалып-күйі.* **Төменгі саты.** *Дамудың ең алғашқы, қарапайым деңгейі.* **Төменгі сатыдағы өсімдіктер.** бот. <лат. thallophyta> *Вегетативті денесі тамырға, сабаққа, жапыраққа бөлінбейтін, құрылысы қаттамалы өсімдіктер.* **Төменгі табалдырық.** кен. *Тұтқыр құраушының мөлшері 10%-дан артық болмайтын балқыма температурасы.* **Төменгі торттаған.** спорт. *Балуанның тізерлеп отырып білектерін кілемге тіреп тұрған күйі.*

**ТӨМЕНДЕ=** ет. **1.** *Төмен қарай түсу, құлдилау, еңістеу, ылдилау.* **2.** *Төмен жылжу, төмен қарай отыру.* **3.** *Деңгейі түсу, басылу.* **4.** *Азаю, кему.* **5.** ауыс. *Нашарлау, сапасы түсу.* **6.** *Әуелгі қалпынан әлсіреу, бәсеңдеу.* **7.** эвф. *Денсаулығы болмау, халі нашарлау.* **8.** ауыс. *Қызмет бабы, дәрежесі түсу, лауазымы бұрынғыдан гөрі кішірею.*

**ТӨМЕНДЕГІ** сын. **1.** *Төмен жақтағы, астындағы.* **2.** *Кейінгі көрсетілген, берілген.*

**ТӨМЕНДЕГІДЕЙ** сын. *Төменде көрсетілгендей, кейінгідегідей.*

**ТӨМЕНДЕГІШЕ** үст. *Төмендегі бойынша.*

**ТӨМЕНДЕҢКІРЕ=** ет. *Төменшіктеңкіреу, аздап жасқаншақтау.*

**ТӨМЕНДЕТ=** ет. **1.** *Еңістету, құлдилату, ылдилату.* **2.** ауыс. *Нашарлату, сапасын түсіру.* **3.** *Әуелгі қалпынан әлсірету, бәсеңдету.* **4.** ауыс. *Атақ-дәрежесін түсірту, қызмет бабын бұрынғыдан гөрі кішірейту.*

**ТӨМЕНДЕТКІШ** сын. *Қуатты, күшті бәсеңдеткіш.*

**ТӨМЕНДЕТУ** *Төмендет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Деңгейін түсіру.* **2.** *Азайту, кеміту.* **3.** ауыс. *Нашарлату, сапасын түсіру.* **4.** *Бәсеңдету, әлсірету.* **5.** *Бағасын түсірту, құнын азайту.*

**ТӨМЕНДЕТІЛ=** ет. **1.** *Төмен түсіртілу, әуелгі қалпынан бәсеңдетілу, қалпынан әлсіретілу.* **2.** *Бағасы түсіртілу, құны азайтылу.* **3.** ауыс. *Атақ-дәрежесі түсірілу, қызмет бабы кішірейтілу.*

**Төмендетілген траектория.** әск. *Жерге әдеттегіден өте төмен бұрышпен атылған, осыған сәйкес төмен биікте ұшқан ракетаның ұшу траекториясы.*

**ТӨМЕНДЕТІЛУ** *Төмендетіл етістігінің қимыл атауы; бәсеңдетілу, әлсіретілу.*

**ТӨМЕНДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Әлсіретіңкіреу, бәсеңдетіңкіреу.*

**ТӨМЕНДЕУ**[1] сын. **1.** *Еңістеу, төменірек.* **2.** ауыс. *Құны, сапасы жоғары емес, нашарлау.*

**ТӨМЕНДЕУ**[2] *Төменде етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМЕНДІ-ЖОҒАРЫЛЫ** үст. *Төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге.*

**ТӨМЕНДІК** зат. **1.** *Биік еместік, аласалық.* **2.** *Ұсақтық, жетіспеушілік, кемдік.* **3.** ауыс. *Сапа жағынан нашарлық, кемдік.*

**ТӨМЕНЕТЕК** зат. қарап. *Қазақ арасында әйел кісіні кемсіту, қомсыну мәнінде қолданылатын сөзқолданыс.*

**ТӨМЕНЕТЕКТІ** сын. көне. қарап. *Әйел затына жататын.*

**ТӨМЕНЕТЕКТІ** сын.экспр. *Әйел баласына, әйел жыныстыға кемсіту үшін әлсіз, нашар мағынасында айтылған.*

**ТӨМЕНСУ** *Төменсі етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМЕНСІ=** ет. *Бұрынғыдан басылу, бәсеңсу.*

**ТӨМЕНСІТ=** ет. *Төмен санату, кеміту.*

**ТӨМЕНСІТУ** *Төменсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМЕНТІН** үст.сөйл. *Төмен жақта, төменге қарайғы бағыт.*

**ТӨМЕНШІК** сын. **1.** *Өзін төмен ұстайтын, кішік, қарапайым, именшек.* **2.** *Бәсең, әлсіз.*

**Төменшік тартты.** *Қарапайым болып кішірейді, тартыншақтады.*

**ТӨМЕНШІКТЕ=** ет. **1.** *Төмен тарту, төмендей түсу.* **2.** ауыс. *Өзін төмен ұстау, жасқаншақтау.* **3.** жерг. *Қызметінен төмендей түсу, кішірею.*

**ТӨМЕНШІКТЕН=** ет. *Өзін төмен ұстап жасқаншақтану.*

**ТӨМЕНШІКТЕНУ** *Төменшіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМЕНШІКТЕТ=** ет. *Біреуді өзінен төмен ұстап кемсіту.*

**ТӨМЕНШІКТЕУ**[1] сын. *Басылып қалған, жасқаншақтау.*

**ТӨМЕНШІКТЕУ**[2] *Төменшікте етістігінің қимыл атауы; өзін төмен ұстау.*

**ТӨМЕНШІКТІК** зат. *Өзін өзгеден төмен ұстаушылық, жасқаншақтық.*

**ТӨМЕНШІЛ** сын. ***Төменшік.***

**ТӨМЕНШІЛІК** зат. ***Төменшіктік.***

**ТӨМЕНІРЕК** сын. **1.** *Біршама төмендеу, сәл төмен.* **2.** *Ойлау келген, ойпаңдау, ойыстау (жер).* **3.** *Баяуырақ, бәсең.*

**ТӨМПЕ** сын. сөйл. *Төмпиген, дөңестеу (жер).*

**ТӨМПЕЙ** зат. жерг. ***Төмпешік.***

**ТӨМПЕДЕЙ** сын. *Төмпе сияқты.*

**ТӨМПЕЛЕН=** ет. *Төмпешіктену, дөңестену.*

**ТӨМПЕЙІС** зат. жерг. *Дөңес, төбелеу жер.*

**ТӨМПЕК** зат. сөйл. *Кішкентай төмпешік, сәл ғана дөңестеу жер.*

**Төмпек сарсазан.** өс. <лат. halocnemun strobilactum> *Алабота тұқымдасына жататын бұтасын өсімдіктің бір түрі.*

**ТӨМПЕШ**[1] зат. сөйл. ***Төмпешік.***

**ТӨМПЕШ**[2] зат. *Бір нәрсені үсті-үстіне қойғылау, ұрғылау, соққылау әрекеті.*

**ТӨМПЕШТЕ=** ет. *Үсті-үстіне ұру, соғу, қойғылау.*

**ТӨМПЕШТЕЛ=** ет. **1.** *Үсті-үстіне соққы алу, ұрғылану.* **2.** *Үсті-үстіне төпелену.*

**ТӨМПЕШТЕЛУ** *Төмпештел етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМПЕШТЕН=** ет. *Төмпешіктену, төмпейіп жату.*

**ТӨМПЕШТЕС=** ет. *Үсті-үстіне соққыласу, ұрғыласу.*

**ТӨМПЕШТЕСУ** *Төмпештес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМПЕШТЕТ=** ет. *Соққылату, ұрғылату.*

**ТӨМПЕШТЕТУ** *Төмпештет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМПЕШТЕУ**[1] зат. *Төмпеш, соққы.*

**ТӨМПЕШТЕУ**[2] сын. сөйл. *Төмпиген, төмпеш келген.*

**ТӨМПЕШТЕУ**[3] *Төмпеште етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨМПЕШІК** зат. **1.** *Құм, топырақтан, тағы басқа заттардан үйілген кішкентай ғана дөңес жер, төмпек.* **2.** әск. *Қарсылас оғынан сақтану әрі оқ атуға қолайлы болу үшін окоптың алдыңғы жиегіне топырақтан жасалған үйінді.*

**Төмпешік без.** анат. <лат. epiphysis> *Аралық мидың эпиталамус бөлігінің құрамына кіретін ішкі секреция безі.* **Төрт төмпешік.** анат. <лат. corpora quadrigemia, лат. corpus – дене, quadrigemia – төрт төмпешік> *Ортаңғы мидың төбесін құрайтын ми бөлігі.*

**ТӨМПЕШІКТЕЙ** сын. *Төмпешік сияқты.*

**ТӨМПЕШІКТЕН=** ет. *Көтеріңкі болу, дөңестену.*

**ТӨМПЕШІКТЕУ** сын. *Сәл ғана көтеріңкі, дөңестеу (жер).*

**ТӨМПЕШІКТІ** сын. *Төмпеш келген, дөңесті.*

**Төмпешікті батпақ.** *Көпжылдық тоң таралған аймақтарда, орманды тундрада, аралдық тоң белдемінде кездесетін көпжылдық шымтезек төмпешіктерінің көптігімен сипатталатын батпақ.*

**ТӨМІЛЖІ=** ет. *Төмен қарау, имену.*

**ТӨМІЛЖІТ=** ет. *Төмен қарату, именту.*

**ТӨМІЛЖІТУ** *Төмілжіт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨН=** ет. **1.** *Бір нәрсенің үстінен үңіле қарау, мінбелеу.* **2.** *Үстіне жақын келу, қысаю.* **3.** ауыс. *Жақындап келіп қалу, ентелеу, өзеуреу, киіп-жару.* **4.** ауыс. *Тап келу.* **5.** *Кезелу.*

**ТӨНГІЗ=** ет. *Төндіру, тап келгізу.*

**ТӨНГІЗУ** *Төнгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨНДІР=** ет. **1.** *Бір нәрсенің үстінен қаратып үңілдіру.* **2.** *Кезендіру.* **3.** ауыс. *Өсіре айту, өршелендіру.* **4.** *Тап келтіру, душар еттіру.*

**ТӨНДІРТ=** ет. *Бір нәрсенің үстінен үңілдіре қарату.*

**ТӨНДІРТУ** *Төндірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨНДІРУ** *Төндір етістігінің қимыл атауы; өршелендіру, өсіре айту, өрекпу.*

**ТӨНДІРІЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің үстіне үңілдірілу.* **2.** *Киіп-жарып, қаумалану.*

**ТӨНДІРІЛУ** *Төндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨНУ** *Төн етістігінің қимыл атауы; ентелеу, өзеурeу.*

**ТӨНУШІ** зат. *Ентелеп тұрушы.*

**ТӨНІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Үңіліңкіреп қарау.* **2.** *Ентелеңкіреу, өзеуреңкіреу.*

**ТӨҢБЕК** зат. сөйл. ***Дөңбек.***

**ТӨҢБЕКТЕЙ** сын. сөйл. ***Дөңбектей.***

**ТӨҢБЕКШУ** *Дөңбекші етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢБЕКШІ=** ет. сөйл. ***Дөңбекші.***

**ТӨҢБЕКШІТ=** ет. сөйл. ***Дөңбекшіт.***

**ТӨҢЕРЕК**[1] үст. қолөнер. *Дөңгелек бейнемен келетін өрнек; ру таңбаларының бір түрі.*

**ТӨҢЕРЕК**[2] үст. сөйл. ***Төңірек.***

**ТӨҢКЕ** зат. жерг. *Отын үшін пайдаланатын ағаштың түбірі.*

**ТӨҢКЕР=** ет. **1.** *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, аударып тастау.* **2.** *Ақтарып құя салу.* **3.** ауыс. *Бастан-аяқ өзгерту, қопару, құлату, аяғын көктен келтіру.* **4.** ауыс. *Жер аудару.* **5.** ауыс. *Аударыстыру, ақтару.*

**Төңкере салды [төңкеріп тастады]**. *Тоқтаусыз тез, асығыс ішіп жіберді, сімірді.*

**ТӨҢКЕРГІШ**[1] зат. тех. **1.** *Қабырғалары ашылмайтын шанапты вагоншалардың жүгін түсіретін механизм.* **2.** *Пісірілетін бұйымды горизонталь және тік бетте айналдыру арқылы пісіруді төменгі жазықтықта жүргізуге мүмкіндік тудыратын механизм.*

**ТӨҢКЕРГІШ**[2] сын. *Қуатты, зор.*

**ТӨҢКЕРМЕ**[1] зат. тамақ. **1.** *Қазанды аударып-төңкеріп, қақтап пісірілген жұқа нан; қазанжаппа.* **2.** жерг. *Ұн мен майды араластырып, қуырып пісіретін майлы тәтті тамақ.*

**ТӨҢКЕРМЕ**[2] зат. ***Төңкергіш.***

**ТӨҢКЕРМЕШІ** зат. *Төңкерме жасаушы.*

**ТӨҢКЕРТ=** ет. *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, аудару.*

**ТӨҢКЕРТКІЗ=** ет. *Төңкерттіру, төңкертіп қойғызу.*

**ТӨҢКЕРТКІЗУ** *Төңкерткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢКЕРТУ** *Төңкерт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢКЕРУ** *Төңкер етістігінің қимыл атауы; түбегейлі бастан-аяқ өзгерту.*

**ТӨҢКЕРУЛІ** сын. *Төңкерілген, асты үстіне қаратып аударылған.*

**ТӨҢКЕРІЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсенің асты үстіне қаратылу, аударылуы.* **2.** *Төну.* **3.** *Бір қалыпта тұрмау, өзгеру.* **4.** *Ауу, жөңкілу.*

**Төңкерілген астаудай**. бейн. *Ірі денелі, дөңкиген.* **Төңкерілген қазандай**. а) бейн. *Түнгі аспан.* ә) *Теңкиген-теңкиген, үлкен.* б) *Қампиған, шартиған.* **Төңкерілген қайықтай.** поэт. *Астан-кестен болғандай.*

**ТӨҢКЕРІЛГІШ** сын. *Төңкеріліп тұратын, құбылмалы, төңкерме.*

**ТӨҢКЕРІЛТ=** ет. **1.** *Аяғын көктен келтіріп, аудар-ту.* **2.** ауыс. *Өлең, жыр, күйді ағылту, төгілту.*

**ТӨҢКЕРІЛУ** *Төңкеріл етістігінің қимыл атауы; асты үстіне қаратылу, аударылу.*

**ТӨҢКЕРІЛУЛІ** сын. *Асты үстіне қаратулы, аударылған.*

**ТӨҢКЕРІС** зат. қоғ.-саяси. **1.** *Қалыптасқан қоғамдық-саяси жүйедегі түбегейлі өзгеріс.* **2.** тар. <лат. revolution> *Дәуірені өткен қоғамдық және саяси құрылысты жоюға және жаңа қоғам орнатуға әкеліп жеткізетін, түбегейлі өзгеріс жасауға ұмтылатын қарулы көтеріліс.* **3.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің дамуындағы, ағымындағы кенеттен болған өзгеріс, жаңалық.*

**ТӨҢКЕРІС=** ет. *Астын үстіне қойып аударысу.*

**ТӨҢКЕРІСПЕК** зат. *Аударыспақ.*

**ТӨҢКЕРІСТІК** сын. *Төңкеріске қатысты, сонымен байланысты.*

**Төңкерістік жағдай.** саяси. *Қалың бұқара халықтың өмір сүріп отырған саяси құрылысқа қарсы күреске дайын бұқаралық төңкерістік көңіл-күйімен сипатталатын саяси жағдай.*

**ТӨҢКЕРІСТІР=** ет. *Астын үстіне қаратып аударыстыру.*

**ТӨҢКЕРІСТІРУ** *Төңкерістір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢКЕРІСУ** *Төңкеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢКЕРІСШІ** зат. тар. *Революцияға қатысушы, төңкеріс жасаушы.*

**ТӨҢКЕРІСШІЛ** зат. тар. *Революцияны жақтаушы, революционер. // Төңкерісті жақтайтын, соны қолдайтын.*

**ТӨҢКЕРІСШІЛДІК** зат. тар. *Төңкерісті, революцияны жақтаушылық, қолдаушылық.*

**ТӨҢКИ=** ет. сөйл. ***Дөңки.***

**ТӨҢІРЕК** зат. *Бір заттың айналасы, жанжағы, қасы; маңы. // Айналасындағы адамдар. // Туралы, жөнінде.*

**Төңірегі жаңалану.** *Жараның шеті кеңейіп, сау жерден жара пайда болу, асқыну.* **Төңірегі күшіктеу.** *Жараның айналасына бөртпешер пайда болып, ұлғаюы, бөртуі, асқынуы, өршуі .* **Төңірегі қызару.** *Жараның, жауырдың айналасы қызару, асқынуға бет алу.* **Төңіректі барлау.** әск. *Әскерлердің алдағы қимыл жасайтын аудандарындағы жергілікті жер бедері, топырақ-өсімдік жамылғысы, су бөгеттері, жол тораптары, елді мекен, гидротехникалық құрылыстар, сондай-ақ әскерлердің ұрыстық қимылдарына әсер ететін жергілікті жер элементтері туралы мәліметтерді алу, жинау және зерттеу.*

**ТӨҢІРЕКТЕ=** ет. *Бір нәрсенің айналасынан ұзап кете алмау, айналшықтау, айналсоқтау, маңайлау.*

**ТӨҢІРЕКТЕГІ** сын. *Айналадағы, маңайдағы.*

**ТӨҢІРЕКТЕГІШ** сын. *Төңірегінде жүретін, маңайлағыш.*

**ТӨҢІРЕКТЕЛ=** ет. *Шамалану, есептелу.*

**ТӨҢІРЕКТЕТ=** ет. *Айналшықтату, маңайлату.*

**ТӨҢІРЕКТЕТУ** *Төңіректет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢІРЕКТЕУ** *Төңіректе етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨҢІРЕКТЕУШІ** зат. *Біреуден, бір нәрседен ұзап кетпей, маңайында жүруші.*

**ТӨҢІРШЕК** зат. жерг. ***Төңірек.***

**ТӨП**[1] зат. жерг. *Сөктен жасалған көже, ботқа.* **2.** *Талқаннан жасалатын ботқа.* **3.** *Шарап, сыра дайындаудан қалған қалдықтардан әзірленетін, малға беруге болатын қоймалжың жем.*

**Төп көже.** жерг. *Сүтке пісірілген қою тары көже.*

**ТӨПЕ=** ет. **1.** *Бастырмалатып ұрып-соғу, үстіүстіне тоқпақтау. // Жаудыру, оқтың астына алу.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз жауу, төгіп-төгіп жіберу.* **3.** *Тоқтамай, кідіріссіз сөйлеу, оқу.*

**ТӨПЕКШӨП** зат. бот. жерг. ***Дарабас.***

**ТӨПЕЛЕ=** ет. **1.** *Бастырмалатып қайта-қайта ұрып-соғу.* **2.** *Дамыл таптырмай, үсті-үстіне төпеу.* **3.** ауыс. *Тоқтамастан сөйлеу, оқу.*

**ТӨПЕЛЕМЕ** сын. *Үйіп салынған, үйілме.*

**ТӨПЕЛЕН=** ет. **1.** *Үйіп салыну, үймелену.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз жаудырылу.*

**ТӨПЕЛЕНУ** *Төпелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨПЕЛЕС=** ет. *Бастырмалатып бір-бірін ұрып-соғу, үсті-үстіне тоқпақтасу.*

**ТӨПЕЛЕСУ** *Төпелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨПЕЛЕТ=** ет. **1.** *Бастырмалата ұрып-соғу, тоқпақтату.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз, үсті-үстіне жаудырту.* **3.** ауыс. *Тоқтамай сөйлеу, кідіріссіз оқу, төпету.*

**ТӨПЕЛЕТУ** *Төпелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨПЕЛЕУ** *Төпеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үсті-үстіне тоқпақтау.* **2.** ауыс. *Тоқтаусыз жауу, бастырмалау.* **3.** *Төпеп, тоқтамастан үстіүстіне сөйлеу, оқу.*

**ТӨПЕМЕ** сын. *Төпелеп, тоқтаусыз аққан.*

**ТӨПЕТ=** ет. **1.** *Бастырмалатып ұрып-соғу, үсті-үстіне тоқпақтату.* **2.** ауыс. *Тоқтамай сөйлеу, кідіріссіз оқу.*

**ТӨПЕТУ** *Төпет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨПЕУ** *Төпе етістігінің қимыл атауы; бастырмалап ұрып-соғу, үсті-үстіне тоқпақтау.*

**ТӨПЕШТЕ=** ет. сөйл. ***Төмпеште.***

**ТӨПЕШТЕП-ТӨПЕШТЕП** үст. *Ұрып-соғып, таяқтап.*

**ТӨПЕШТЕУ** *Төпеште етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨП-ТӨҢІРЕК** зат. *Төңіректің бәрі, барлығы, айнала түгел.*

**ТӨПІТ=** ет. сөйл. ***Төпет.***

**ТӨР** зат. **1.** *Үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы.* **2.** этн. *Жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отыратын құрметті орын.* **3.** ауыс. *Ең жақсы, көрнекі жер, ыңғайлы орын.* **4.** *Құтты, қасиетті мекен.* **5.** ауыс. *Биік, шыңы.* **6.** *Түбі, түкпірі.*

**Төр бөлме**. *Түпкі бөлме, ішкі бөлме; Үйдің төр жағында орналасқан, үлкен, кең, көбінесе қонақ күтетін бөлме.* **Төрге озды [шықты]**. а) *Жоғары шықты, төрге барды.* ә) *Кеңінен орын алды, қалыптасты.* **Төрге шығарды [қондырды]**. а) *Сыйлап, жоғарыдан орын беріп, жайғастырды.* ә) *Сыйлады, құрмет көрсетті.* **Төрден орын алды.** *Өзгеден сыйлы болып, жоғарыдан көрінді.* **Төр жақ.** *Сыйлы қонақтар отыратын орын.* **Төр майлау тойы**. этн. *Жаңа қонысқа кіргенде үй иесінің қонақ шақырып, дастарқан жайып өткізетін той-думаны.* **Төр сырмақ**. *Көлемі 2–4 м болатын, жиектеп, екі өңінің киізін оюластырып жасалатын төрге төселетін сырмақтың түрі.* **Төр төсек**. *Бесік туралы.* **Төрінен көрі жуық [жақын]**. *Қартайған, жасы келіп қалған, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде.*

**ТӨРАҒА** зат. тар. **1.** *Мәжілісті, жиналысты басқарушы ресми тұлға.* **2.** *Ұйым, мекеме, бірлестіктердің басшысы.*

**ТӨРАҒАЛЫҚ** зат. *Мәжілісті, жиналысты басқарушылық қызмет, басшылық лауазым.*

**Төрағалық етті.** *Төраға қызметін атқарды.* **Төрағалық етуші.** *Қылмыстық істі алқалық немесе жеке қарау кезінде төрағалық ететін судья.*

**ТӨРАЙЫМ** зат. *Мәжілісті, жиналысты басқарушы әйел адам.*

**ТӨРАЛҚА** зат. ресми. *Жиналысты, мәжілісті басқару үшін уақытша сайланған орган.*

**ТӨРГІ** сын. *Төрдегі, жоғарғы жақтағы.*

**Төргі үй.** *Түпкі үй, ішкі бөлме.*

**ТӨРДЕГІ** сын. *Төр жақтағы, түпкірдегі.*

**Төрдегі үй.** *Төргі үй.*

**ТӨРДЕЙ: есік пен төрдей**. а) *Қол созымдай, жақын (жер).* ә) *Үлкен денелі, зор (жылқы).*

**ТӨРЕ**[1] зат. **1.** көне. *Шыңғыс ханның ұрпақтарына жататын, хан, сұлтан болу құқығына ие әлеуметтік топ, ақсүйек, ел билеуші әкім.* **2.** *Әділдік, төрелік, билік айтушы адам.* **3.** *Істің, даудың шешімі.* **4.** ауыс. *Бір тектес заттың жақсысы, асылы, мықтысы.*

**Төре айтты.** *Ақыл, кеңес беріп, турасын көрсетті, кесімін шығарды.* **Төре берді.** *Билік жасап, әділдігін айтты.* **Төре дақыл.** бейн. *Дақылдардың дақылы, ең маңызды дақыл деген мағынада.* **Төреге жүгінді**. *Даулы мәселенің шешімін айтуды, кесім жасауды төренің, бидің иелігіне берді.* **Төреңе**

**құлдық.** *Берген билігіңе ризамын деген мағынада.* **Төресінен жаңылды.** *Әділдіктен айырылды.*

**ТӨРЕ[2]: төре төсек.** жерг. *Кереуеттің үстіне киізді қабаттап, оның үстіне барқытпен қаптап салған төсек.*

**ТӨРЕДЕЙ** сын. *Төре сияқты.*

**ТӨРЕ-ҚАРА** зат. *Төресі де, қарасы да аралас.*

**ТӨРЕЛЕ=** ет. **1.** *Билік айту, шешімін шығару.* **2.** спорт. *Жарыста төрелік ету.*

**ТӨРЕЛЕС=** ет. *Билік айтысу, шешім шығарысу.*

**ТӨРЕЛЕСУ** *Төрелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЕЛЕТ=** ет. *Билік айтып, шешім шығарту.*

**ТӨРЕЛЕТУ** *Төрелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЕЛЕУ[1]** сын. *Төреге жақындау, төреге ұқсастау.*

**ТӨРЕЛЕУ[2]** *Төреле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЕЛІ** сын. *Сапалы, мәнді.*

**ТӨРЕЛІК[1]** зат. *Төре тұқымына тән қасиет.*

**ТӨРЕЛІК[2]** зат. *Бір нәрсе жөнінде айтылған билік, шешім, кесім.*

**Төрелік айтты [етті, берді].** *Бір нәрсеге билік айтты, кесімін шығарды.* **Төрелік сот.** заң. *Сыртқы экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар жөніндегі шарттар мен басқа да азаматтық-құқықтық актілердің толық немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан туындайтын дауларды шешу үшін тұрақты әрекет ететін ұйым.* **Төрелік талдау.** хим. *Өнім өндіруші мен тұтынушы арасындағы таласты шешу кезінде және ұзақ сақталған өнім сапасының мемлекеттік стандарт пен техникалық шарттарға сәйкестігін тексеруде жүргізілетін бақылау.*

**ТӨРЕМ** зат. этн. *Әйел адамның, жеңгенің қайнысына еркелетіп атайтын қаратпа атауыш.*

**ТӨРЕ-МӨРЕ** зат. *Төре және сол сияқтылар.*

**ТӨРЕСЫМАҚ** зат. *Өзін төреге санайтын, паң адам.*

**ТӨРЕШЕ** үст. *Төреге ұқсап.*

**ТӨРЕШІ** зат. **1.** *Билік айтушы, келістіруші, қазы.* **2.** спорт. <лат. arbiter> *Спорт ойынында төрелік ететін адам.* **3.** заң. *Дауласушы жақтардың өзара келісімі бойынша сайланатын тұлға.*

**Төреші қоңырауы.** спорт. *Кейбір спорт түрлерінде сөре мен мәреде, соңғы айналымға өткен кезде қағылатын дыбыс белгі.* **Төрешілер алқасы.** спорт. *Жарыстың өтуін басқару жүктелген спорт төрешілерінің тобы.* **Төрешілер бөлмесі.** спорт. *Төрешілер алқасы жұмыс істеу үшін арнайы жабдықталған стадиондағы және басқа да спорт құрылысындағы бөлме.* **Төрешілер мұнарасы.** спорт. *Жарыс өтіп жатқан алаңды жақсы бақылау үшін біршама биікке орнатылған төреші отыратын орны бар мұнара.*

**ТӨРЕШІК** зат. экспр. *Төресымақ.*

**ТӨРЕШІЛ** сын. көне. *Мансап сүйгіш, әкімқұмар.*

**ТӨРЕШІЛДІК** зат. **1.** *Мансап сүйгіштік, лауазымқұмарлық, әкімшілдік.* **2.** сөйл. *Қағазбастылық, кеңсешілдік, формализмге бой ұрушылық.*

**ТӨРЕШІЛІК** зат. **1.** *Билік айтушылық, қазылық.* **2.** спорт. *Спорт жарыстарында, ойында төрелік етушілік, судьялық.*

**ТӨРЖҰМЫР** зат. жерг. *Қойшының торсық қабы.*

**ТӨРКІН** зат. **1.** *Тұрмысқа шыққан қыздың ағайыны, туған-туысқаны; ел-жұрты.* **2.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің түпкі негізі, басты арқауы.* **3.** *Ата тегі, елі.*

**Төркінін көбеледі.** *Төркінін жақын тартты, пана тұтты.* **Төркіні табылып, күлметі ашылды.** *Себеп-сыры анықталып, әшкере болды.*

**ТӨРКІНДЕ=** ет. этн. *Тұрмысқа шыққан әйелдің ел-жұртына қыдырып баруы, туыстарын аралауы.* **2.** ауыс. *Түбінде, тамырында жату, ұялау.*

**ТӨРКІНДЕС** сын. **1.** *Бір елдің қыздары, туыстас.* **2.** ауыс. *Түбі бір, негіздес.*

**ТӨРКІНДЕСТІК** зат. *Түбі, негізі бір болушылық.*

**ТӨРКІНДЕТ=** ет. **1.** *Төркінін, ел-жұртын аралату.* **2.** ауыс. *Түбін, негізін ашу.*

**ТӨРКІНДЕТУ** *Төркіндет етістігінің қимыл атауы; төркінін аралату.*

**ТӨРКІНДЕУ** *Төркінде етістігінің қимыл атауы; төркінін аралау, ағайын-туысына қыдырып бару.*

**ТӨРКІНДІК** сын. *Түп-төркіні бар, негізді.*

**ТӨРКІН-ЖҰРАҒАТ** зат. *Ұзатылған қыздың, тұрмыстағы әйелдің төркіні, ел-жұрты.*

**ТӨРКІН-ЖҰРТ** зат. ***Төркін-жұрағат.***

**ТӨРКІНСІЗ** сын. *Түп-төркіні жоқ, негізсіз.*

**ТӨРКІНСІН=** ет. *Төркін санау, жұртым деп біліп еркінсу.*

**ТӨРКІН-ТӨС** зат. *Әйелдің төркін-жұрағаты.*

**ТӨРКІН-ТҮП** зат. ***Түп-төркін.***

**ТӨРКІНШІЛ** сын. *Төркініне жиі барғыш (әйел).*

**ТӨРКІНШІЛДІК** зат. *Төркініне жиі барғыштық.*

**ТӨРКІНШІЛЕ=** ет. *Ағайын-туғанына, ел-жұртына бару, елін аралау.*

**ТӨРКІНШІЛЕУ** *Төркіншіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЛЕ=** ет. **1.** *Төрге шығу.* **2.** ауыс. *Орнығу, қалыптасу, орын алу.*

**ТӨРЛЕТ=** ет. *Қонақтың, сыйлы адамның төрге шығып жайғасуы, құрмет көрсету нышанымен кірген адамды бөлменің жоғары жағына шығару.*

**ТӨРЛЕТУ** *Төрлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЛЕУ** *Төрле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРЛЕУШІ** зат. *Төрге отырушы адам.*

**ТӨРСЫРМАҚ** зат. қолөнер. *Сыйлы қонақтар келгенде төрдегі киіздің үстіне, қонақ көрпенің астына салатын сырмақ.*

**ТӨРСІЗ** сын. **1.** *Төрі жоқ.* **2.** ауыс. *Құтты мекенсіз.*

**ТӨРТ** сан. **1.** *Үштен кейінгі есептік сан, 4 цифрінің атауы.* **2.** мат. *Натурал сандардың ондықтар жүйесіндегі үштен кейінгі сан.* **3.** пед. *Оқу орындарында білімді бағалауда қойылатын баға.*

**Төрт амал.** мат. *Арифметиканың қосу, бөлу, алу, көбейту амалдары.* **Төрт арыстың баласы.** көне. *Бүкіл ел, күллі қазақ жұрты.* **Төрт асық.** жерг. *Асық ойынның бір түрі.* **Төрт аяғы алаяқ, маңдайы қасқа.** жерг. *Сегіз қырлы, бір сырлы.* **Төрт аяғы көктен келді.** *Аударылып түсті.* **Төрт аяғынан тік тұрғызды.** *Қалпына, орнына келтірді, түзеді, істі жандандырды.* **Төрт аяғын тең басқан.** *Барлық жағынан мінсіз, кемшілігі жоқ.* **Төрт аяғы тең [теңселген] жорға.** а) *Төрт аяғы тең түсетін, тайпалған жорға.* ә) *Төгіліп жырлайтын ақын, сөз зергері.* **Төрт аяқ.** қасап. *Сойылған малдың теңдей етіп төртке бөлінісі.* **Төрт аяқтан [аяқтап] ақсады.** *Бар ауыртпалық түсіп, қатты қиналды, тұралап қалды.* **Төрт аяқты.** *Мал, хайуан.* **Төрт аяқты мал.** *Надан, топас.* **Төрт бақыт.** *Денсаулық, дабыр-дұбыр (бала), бақ-дәулет, атақ-абырой.* **Төрт буынды тармақ.** әдеб. *Қазақ поэзиясындағы өлең өлшемінде қолданылатын, бір бунақтан тұратын ең қысқа өлең жолы.* **Төрт бұрышты дүние.** *Айнала, шартарап, бар әлем.* **Төрт бүктелді.** *Бүк түсті, бұратылды, тұралап жатып қалды.* **Төрт елі қазы.** тамақ. *Сүбе майы төрт елі келетін қазы.* **Төрт жағы құбыла [қыбыла].** *Болып-толды; қағанағы қарқ, сағанағы сарқ күйге жетті.* **Төрт жағы сай.** *Бәрі жеткілікті, төрт құбыласы түгел.* **Төрт жолақты қарашұбар жылан.** зоол. <лат.elaphe quatuorlineata> *Қабыршақтылар отрядының сарыбас жылан тұқымдасына жататын жыланның түрі.* **Төрт жол өлең.** *Бір шумақ өлең.* **Төрт көз ит [төбет].** діни. *Екі көзінің үстінде көзге ұқсас ақшыл дақтары бар ит [Діни аңыз бойынша Әзірет Әлінің немерелерін су бермей қаталатып қастандықпен өлтірген Шаймір және оның жақтастары Алланың қаһарына ұшырап, төрт көз итке айналған].* **Төрт көзденді.** *Көзін баттастыра бояды деген мағынада.* **Төрт көзі түгел.** *Бәрі жиналған, тегіс бас қосқан.* **Төрт кітап.** діни. *Көктен төрт пайғамбарға түскен төрт кітап: 1. Тәурат, 2. Зәбүр, 3. Інжіл, 4. Құран [Діни аңыз бойынша Тәурат – Мұса пайғамбарға, Зәбүр – Дәуіт пайғамбарға, Інжіл – Иса пайғамбарға, Құран – Мұхаммед пайғамбарға Алладан түскен. Діни аңызда Адам ата арқылы 10 кітап, Шис (Сиф) арқылы 50 кітап, Ыдырыс пайғамбар (Енох) арқылы 30 кітап, Ыбрайым (Абрам) арқылы 10 кітап көктен түсіпті].* **Төрт қанат.** этн. *Төрт керегеден құралған (киіз үй).* **Төрт қары бөз.** *Ақырет, кебін.* **Төрт құбыла [құбыласы, жағы] түгел [сай, тең].** *Болып-толған, ешқандай қайғы-қасіреті жоқ, арман-тілегі орындалған, бәрімен қамтамасыз етілген, ешбір уайымсыз.* **Төрт құбыласын түгел қылды.** *Түгелдеді, кем-кетігін толтырды.* **Төрт құбыласы түгелденді.** *Барлық шаруасы ыңғайланды, болып-толды.* **Төрт құлақты.** этн. *Төрт бұрышты етіп қазылып, әр бұрышында шошайған ұшы болатын (зират түрі).* **Төрт қылыш.** миф. *Ислам дініндегі аңыз бойынша жер бетіне жаннаттан түскен қасиетті қылыштар: 1. Хамхам. 2. Самсам. 3. Зұлпықар. 4. Зұлперен [Қазақ көркем әдебиетінде асыл қылыш мағынасында зұлпықар жиі қолданылады. Аңызда сермегенде ұзарып кететін екі басты зұлпықар қылышты пайғамбар Мұхаммед ғалайһиссалам ұстаған, кейін ол күйеу баласы Хазірет Әлиде қалған деп айтылады].* **Төрт мұқараб періште.** *Алла тағалаға ең жақын періштелер: Жәбрейіл, Әзірейіл, Ысрайыл, Микаил.* **Төрт мүше.** *этн.* *Екі аяқ, екі қол.* **Төрт сауап.** діни. *Көпшілік пайдаланатын игі істердің ең абзалы: ағаш егу, көпір (өткел) салу, құдық қазу, шөлдеген адамға сусын беру.* **Төрт табандады.** *Екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалды.* **Төрт тағаны қимылдады.** *Зорға қозғалды; әлсіреді.* **Төрт тармақты.** әдеб. *Қазақ поэзиясында ең көп тараған, төрт жолдан тұратын шумақ өрнегі.* **Төрт төмпешік [төбелік].** *Ортаңғы мидың төбесін құрайтын ми бөлігі.* **Төрт тұрманы түгел сай.** *Жау жабдығы, керек-жарағы түгел.* **Төрт түлігі [түлік малы] сай.** *Ішкені алдында, ішпегені артында, малды-жанды.* **Төрт түлік.** этн. *Түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты үй малдарының жиынтық аты [Халық төрт түліктің әрқайсысының сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды Ойсылқара, Қамбар ата, Жылқышы ата, Шопан ата, Зеңгі баба деп атаған].* **Төрт түлік малды құрады.** *Байыды, дәулеті асты.* **Төрт түлікті.** *Түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты малы бар, төрт түлік жайылған.* **Төрт тісті саулық.** а) *Қошқардан қысыр қалмай төрт қоздаған саулық.* ә) *Төрт төлдеген соң, сүті қайтып, арықтап кәртейетін, тұқымы жаман деген мағынада.* **Төрт шадияр.** діни. *Мұхаммед пайғамбардың төрт ізбасары: Әбубәкір, Омар, Оспан, Ғали.*

**Төрт шетті.** жерг. *Жылқы тісінің ортасындағы қара мөрінің алдындағы тісте тұруы.* **Төрт ішекті домбыра.** *Төрт ішектен тұратын қазір көп қолданылмайтын көне домбыра үлгісі.*

**ТӨРТ-БЕС** сан. *Төрт не бес шамалас болжалды сан.*

**ТӨРТБҰРЫШ[1]** зат. бот. жерг. *Шылым.*

**ТӨРТБҰРЫШ[2]** зат. геом. *Төрт бұрышты болып келген фигура.*

**ТӨРТБҰРЫШТЫ** сын. геом. *Төрт бұрыштан тұратын, төрт бұрышы бар (фигура).*

**ТӨРТКИІЗ** зат. қолөнер. *Төрге, қонақтардың астына төсейтін киіз.*

**ТӨРТЕН** зат. жерг. *Ұсақ малдан бірге туған төрт төл.*

**ТӨРТЕУ** сан. *Төрт санының жинақтау түрі.*

**ТӨРТЕУ-БЕСЕУ** сан. *Төрт-бес санының жинақтық түрі.*

**ТӨРТЕУЛЕП** үст. **1.** *Төртеуі қосылып, төрт жақтап.* **2.** *Төрт-төрттен.*

**ТӨРТКӨЗ** зат. зоол. *Су бетінде тіршілік етуге бейімделген балық түрі.*

**ТӨРТКІЛ[1]** зат. жерг. *Таудың ұшар басындағы тегіс жер.*

**ТӨРТКІЛ[2]** сын. **1.** *Төрт бұрышты.* **2.** *Сүйірлеу төртбұрышты етіп салынатын (өрнек).*

**Төрткіл аймақтар.** г е о г р. *Горизонталь жатқан қатардан құралған, бедерінде үстірт пен жайпақ бетті, тік беткейлі, көбінесе сатылы біршама көтеріңкі жазық басым кең аумақ.* **Төрткүл бөрік.** *Төбесі жайпақ, төрт қиықты бөрік.* **Төрткіл дүние.** *Дүниежүзі, бүкіл әлем.* **Төрткіл тау.** г е о г р. *Жайпақ бетті, тік (жоғары бөлігі тік жар), кейде сатылы, беткейлі таулар.*

**ТӨРТКІЛДЕ=** е т. *Төрт бұрыш ету, төрт бұрыштау.*

**ТӨРТКІЛДЕН=** е т. *Төрт бұрыштану.*

**ТӨРТКІЛДЕНУ** *Төрткілден етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРТКІЛДЕУ**[1] с ы н. *Төрт бұрыштылау.*

**ТӨРТКІЛДЕУ**[2] *Төрткілде етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРТҚАНАТ** з а т. з о о л. *Аквариумда өсірелетін балықтың түрі.*

**Төртқанат жүзген.** ө с. <лат. tetrapterum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

**ТӨРТПАҚ** с ы н. **1.** *Иықты келген, мығым денелі, быртиған, дембелше.* **2.** *Аласа бойлы, тапал.*

**Төртпақ денелі.** *Ұзыны мен көлденеңі бірдей, бойы аласа, тығыршықтай.*

**ТӨРТПАҚТАН=** е т. *Толысып, домаланыңқырап қалу.*

**ТӨРТПАҚТАНУ** *Төртпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨРТПАҚТАУ** с ы н. *Домаланған, аласалау.*

**ТӨРТПАҚТЫҚ** з а т. *Мығымдық, быртиғандық.*

**ТӨРТТАҒАН** з а т. **1.** ә д е б. *Төрт жолдан ғана тұратын шағын өлең; рубаят.* **2.** с п о р т. <франц. parterre> *Балуанның тізерлеп отырып алақандарын, білектерін кілемге тіреп тұрған күйі.*

**ТӨРТТАҒАНДА=** е т. **1.** *Төрт тағанын тіреп тұра қалу.* **2.** а у ы с. *Берік, нық болу.*

**ТӨРТТАҒАНДЫ** с ы н. *Төрт тіреуіштен тұратын.*

**ТӨРТТАСПА** з а т. э т н. *Қамшы өрімінің бір түрі.*

**ТӨРТ-ТӨРТТЕН** ү с т. *Төртеу-төртеу етіп, төртеулеп.*

**ТӨРТТІ-БЕСТІ** с а н. с ө й л. ***Төрт-бес.***

**ТӨРТТІК**[1] з а т. с п о р т. *Төрт ер кісі орындайтын спорттық акробатиканың түрі.*

**ТӨРТТІК**[2] з а т. *Оқу-ағарту жұмысындағы білім сапасына қойылатын жақсы деген баға.*

**Төрттік дәуір**. т а р. *Ұзақтығы 1–3,5 млн. жыл аралығы деп есептелетін жердің геологиялық тарихының бүгінге дейін созылып келе жатқан соңғы дәуірі.* **Төрттік мұз басу дәуірі.** т а р. *Неоген дәуірінің аяғында температураның төмендеуінен жер бетін мұз басқан дәуір.* **Төрттік шөгінділер.** *Мұздықтардың еруінен, өзен, теңіз, уақытша су ағыстарының тұнбаларынан пайда болатын, төрттік дәуірден қалған шөгінділер.*

**ТӨРТІНШІ** с а н. *Үштен кейінгі реттік сан.*

**Төртінші буын тілі.** и н ф. <ағыл. fourth generation language> *Жоғары деңгейлі тілдердің (үшінші буын тілдерінің) мүмкіндігін дамытатын және бейпрограммашыларға есептеу қуаттарын пайдалануға жиі мүмкіндік беретін тіл [Әдетте, шоғырланған мәліметтер қор басқару жүйесінің, сұраныстар тілінің, есеп беру генераторының және экрандық нысандарды пайдалану мүмкіндіктерінен тұрады. Қосымша мүмкіндіктері ретінде графика генераторын, шешімді қабылдауға демеуші функцияларды, экономикалық модельдеуді, электрондық кестелерді, статистикалық анализ функцияларын атап кетуге болады].* **Төртінші интернационал.** т а р. с о в е т. 1938 ж. Парижде Л.Д.Троцкийдің қолдауымен құрылған коммунистік партиялардың халықаралық бірлестігі.

**ТӨРТТІС** [ор. гервертозубец] з а т. б о т. *Көпжылдық жабайы өсімдік.*

**ТӨРҮЙ** з а т. *Үйдің ең үлкен, қонақ қабылдайтын бөлмесі.*

**ТӨС**[1] з а т. **1.** *Адамның, жан-жануарлардың қабырғасын біріктіріп, кеудесін құрайтын кеуде мүшесі, көкірек, омырау.* **2.** а у ы с. *Әйел жыныстылардың омырауы, анары.* **3.** э т н. *Күйеу балаға берілетін сыбаға, кәделі мүше.* **4.** а у ы с. *Тау мен төбенің беткей жағы.* **5.** а у ы с. *Кеменің алдыңғы жағы.* **6.** а у ы с. *Баурай, аспан әлемі.*

**Төс аршынды сұлу.** *Мүсіні әдемі қыз, әйел.* **Төс байлау.** э т н. *Үйге жиналып өткізілген отырыс, кештің алдағы күндері келесі үйде жалғасуы үшін лайық көрген кісіге сойылған малдың төсін байлап жіберетін ырым.* **Төс ет.** *Сиыр мен жылқының төстігі.* **Төс етегі.** *Малдың іш қуысын жауып тұрған жұқа көк ет.* **Төске ойнады.** *Басқа шықты, құтырды.* **Төске шықты**. *Басынды, басына шықты.* **Төс қағысты [төске төс тигізді, түйістірді, соғысты]**. а) *Адал дос болуға ант беріп, төстерін тиістірді.* ә) *Сәлемдесер, я қоштасар алдында құшақтасып кеуде түйістірді.* **Төс қақты [соқты, ұрды]**. *Дандайсып мақтанды, менменсіп кеудесін керді.* **Төс қыры.** а н а т. <лат. carina> *Омыртқалы жануарлардың төс сүйегінде болатын айрықша өскін.* **Төс сүйек.** *Жан-жануарлардың кеуде мүшесі.* **Төс табандап жатты.** *Бауырын төсеп, етпетінен жатты.* **Төс табанды би.** *Ықпалы, тегеурінi күшті табанды би.* **Төс табаны жерге тиді.** *Әбден жүйкеледі, шаршап-шалдықты.* **Төс тақасты.** *Төс түйістірді, құшақтасты.* **Төстің шұрайы.** *Малдың төс етіндегі етегінің шандырлы, майлы шуы.* **Төс шандыры.** *Төс етектің ішкі жағындағы көк шандыр.* **Төсіне басты.** *Көкірегіне қысты.* **Төсін керді.** *Паңданды, менмендік жасады.*

**ТӨС**[2] з а т. к ә с. *Үстіне темір қойып соғуға қолданылатын үстаның құралы.*

**ТӨСАҒАШ** з а т. қ о л ө н е р. **1.** *Ағаштан ою-өрнекпен, сырлап, сүйекпен әшекейлеп жасаған, төсек салатын кереует.* **2.** *Арбаның алдыңғы білігінің үстінде тұратын жастық ағаш.*

**ТӨСАЙЫЛ** з а т. э т н. *Аттың бауырын ала көлденең келтіріп тартып байлайтын тартпа.*

**ТӨСБАЛҒА** з а т. ж е р г. *Шалғы, орақ т.б. шаруашылық құралдарының жүзін шыңдайтын төс.*

**ТӨСБЕЛГІ** [ор. – медаль; франц. medaille ; лат. metallum] з а т. *Елге сіңірген ерекше еңбегі үшін немесе белгілі бір тарихи оқиғалар мен тұлғаларды еске түсіру үшін берілетін, әдетте, дөңгелек формада жасалатын үкіметтік марапат белгісі.*

**ТӨСЕ=** е т. **1.** *Бір нәрсені (киіз, көрпе т.б.) жаю, жерге салу, төсеніш ету.* **2.** *Бір нәрсенің үстіне салу, бетіне жатқызып жаю.* **3.** *Қарату, қарсы тарту.* **4.** *Жер бауырлау.* **5.** а у ы с. *Қою, тосу.*

**Төсей ату.** ә с к. *Жер бетінен сәл көтеріңкі биіктікте ату.*

**ТӨСЕК**[1] з а т. **1.** *Адам жататын, тынығатын орын; кереует.* **2.** *Төсенуге, жамылуға, ұйықтауға керекті көрпе-жастық.*

**Төсегінен айырылған.** *Жаны тыныш жатпаған, жұрт қамы үшін ұйқы бөлген.* **Төсегін былғады.** *Зинақорлық жасады.* **Төсек болып жатыр.** *Жерге шашылып, рәсуа болған астық, жеміс, т.б. жайлы айтылады.* **Төсек жазды.** ж е р г. *Төсек салды.* **Төсек жаңғыртты [жаңартты]**. *Басқа әйел алды, екінші рет үйленді (әдетте әйел қайтыс болып екінші әйел алған кісіге, кейде әйелінен ажырасып, басқа әйел алған адамға да айтылады).* **Төсекке қисайды.** *Жатып демін алды, тынығуға жатты.* **Төсекпен көтерді**. *Келін боп түсе сала екі қабат болды.* **Төсек тартты [тартып жатты]**. *Сырқат меңдеп, жатып қалды, ұзақ қатты ауырды, науқастанды.* **Төсекте басы, төскейде малы қосылды [жатты]**. *Ағайын-туысты, ынтымағы, бірлігі бар, қонысы ортақ жұрт болды.* **Төсектен безінді.** а) *Жар көңілінен суынды.* ә) *Жортуылды күндер туып, ұйқысын қашырды.* **Төсектен жерінді.** *Жар төсегінен безді, көңілі суыды.* **Төсек шыпта**. ж е р г. *Төсек астына салатын тоқылған қоға, қамыс ши.*

**ТӨСЕК**[2] з а т. *Қоғадан, жөкеден тоқылған түйе төсеніші.*

**ТӨСЕК**[3] з а т. қ о л ө н е р. *Өрмектің желісі [Төсектің немесе желінің ұзындығы 5 м, ені 2,5 м болады].*

**ТӨСЕКАҒАШ** з а т. э т н. ***Төсағаш.***

**ТӨСЕКАЛДЫ: төсекалды сырмақ.** қ о л ө н е р. *Төсектің орнына (астына), төсекағаштың алдына төсейтін сырмақ.*

**ТӨСЕКАЯҚ** з а т. қ о л ө н е р. *Төсек жинап қоятын үй жиһазы.*

**ТӨСЕКЖАНДЫ** с ы н. *Ұйқышік, жыраққа көп шықпайтын.*

**ТӨСЕКЖАПҚЫШ** з а т. *Төсек үстін жабатын зат, жамылғы.*

**ТӨСЕКҚАҚПАН** з а т. с а я т. *Жолбарыс, аю сияқты ірі аңдарға салынатын үлкен қақпан.*

**ТӨСЕКҚАП** з а т. қ о л ө н е р. *Төсек-орын жабдықтарын сақтайтын қап.*

**ТӨСЕК-МӨСЕК** з а т. с ө й л. ***Төсек-орын.***

**ТӨСЕК-ОРЫН** з а т. *Жатуға қажетті көрпе-жастық, төсеніш.*

**ТӨСЕКСІЗ** с ы н. *Төсегі, жатар орны жоқ.*

**ТӨСЕКТЕЙ** с ы н. *Төсек сияқты.*

**Төсектей жазық.** *Теп-тегіс, бірде-бір ойлы-қырлы жері жоқ алқап.*

**ТӨСЕКТЕЛ=** е т. *Жайылу, төселу.*

**ТӨСЕКТЕМІР** з а т. ж е р г. *Былғарыдан тігілген белбеудің я жүгеннің ішкі жағына құйманы орналастыратын, мыстан қақтаған жұқа астарша.*

**ТӨСЕКТЕС** с ы н. *Жатын орны іргелес, қатар.*

**ТӨСЕКТОЙ** з а т. э т н. *Жаңа түскен келін бала көтеріп, жүкті болғанда ененің көрші-қолаң, ауыл-аймақты шақырып шүкірлік жасап беретін асы.*

**ТӨСЕКТІ** с ы н. *Төсегі бар, төсек салынған.*

**ТӨСЕКТІК** с ы н. *Төсек боларлық, төсекке жарарлық.*

**ТӨСЕКШЕ** з а т. *Кішігірім төсек.*

**ТӨСЕКШІ** з а т. ***Төсекшіл.***

**ТӨСЕКШІЛ** с ы н. *Төсек құмар.*

**ТӨСЕЛ=** е т. **1.** *Жайылу, төсеніш етілу.* **2.** *Бетіне, үстіңгі қабатына салыну.* **3.** а у ы с. *Белгілі бір іске дағдылану, жаттығу, қалыптасу, машықтану.*

**ТӨСЕЛДІР=** е т. *Дағдыландыру, қалыптастыру, машықтандыру.*

**ТӨСЕЛДІРУ** *Төселдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕЛМЕ** с ы н. с ө й л. ***Төселмелі.***

**ТӨСЕЛМЕЛІ** с ы н. *Сабағы жайылып, жерге төселіп өсетін (өсімдік).*

**Төселмелі өсімдіктер.** *Көлденең өрнектері төселіп, өсу процесінде тамырланатын өсімдіктер.*

**ТӨСЕЛТ=** е т. *Дағдыландыру, қалыптастыру.*

**ТӨСЕЛТТІР=** е т. **1.** *Жайылттыру.* **2.** а у ы с. *Қалыптастыру, дағдыландыру.*

**ТӨСЕЛТТІРУ** *Төселттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕЛТУ** *Төселт етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕЛУ** *Төсел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жайылу, салыну.* **2.** а у ы с. *Дағдылану, машықтану.*

**ТӨСЕЛУШІЛІК** з а т. *Дағдыланушылық, машықтанушылық.*

**ТӨСЕЛІН=** е т. с ө й л. *Төселу, жайылу.*

**ТӨСЕЛІНУ** *Төселін етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕЛІҢКІ** с ы н. *Төселетін, жайылыңқы.*

**ТӨСЕЛІҢКІРЕ=** е т. *Іске машықтаныңқырау, жаттығыңқырау.*

**ТӨСЕЛІҢКІРЕУ** *Төселіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕМ** з а т. **1.** *Төсеніш.* **2.** *Бір нәрсенің үстіне салынатын жабын.*

**Төсем таужыныс**. г е о л. *Шеген қалқасын құрастыру аяқталғаннан кейін оған түсетін динамикалық жүктемені азайту мақсатында жасалатын кесекті таужыныс қабаты.*

**ТӨСЕМДІК** с ы н. *Төсем боларлық.*

**Төсемдік құрал-сайман.** *Металдарды қысыммен өңдеудің соғу өндірісінде дәл соғылманы алу үшін қолданылатын арнайы аспап.*

**ТӨСЕМЕ** зат. *Төсем, жабын.*

**Төсеме қабат.** *Жер қабатының қыртысын тегістеген кезде топырақтан төселген қабат немесе жердің құнарлылығын арттыру үшін басқа жақтан тасып әкеліп төселген құнарлы топырақ қабаты.*

**ТӨСЕН=** ет. *Өз астына төсеу, жаю.*

**ТӨСЕНДІ** сын. *Қиыршық тас, құм төселген.*

**ТӨСЕНУ** *Төсен етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕНІС=** ет. *Жайысу, бірге төсеу. // Төсемдік, төсеніш боларлық.*

**ТӨСЕНІШ** зат. **1.** *Үйдің еденіне төселетін киіз, алаша, кілем, көрпе тәрізді үй жиһаздары.* **2.** малшар. *Мал қорасының едені жұмсақ, жылы, жайлы да таза болу үшін төселетін төсем.* **3.** *Жылуды жақсы сақтайтын, су өткізбейтін заттан жасалған ұйықтағанда кіретін қаптың астына салуға арналған жадбық.* **4.** гидрол. *Гидротехникалық құрылыстар мен жолдардың жасанды іргетасының табаны өте сығылғыш, тұрақсыз, сусымалы топырақтың үстіне тұрғызылатын жағдайда, құрылыстың оған түсіретін қысымын нығайта түсу үшін арнайы жасалынатын төсеніштік құрылыс материалдары.* **5.** спорт. *Секіргеннен кейін жерге түскенде, сол сияқты белдесу, акробатикалық, гимнастикалық жаттығуларды орындау кезінде жарақат алудан сақтандыру үшін қолданылатын жұмсақ жабдық.*

**Төсеніш бет.** *Жылу және ылғал алмасу процестерінде атмосферамен өзара әрекеттесетін жер беті (топырақ, қар, өсімдік, су, мұз).* **Төсеніш сырмақ.** зат. қолөнер. *От басы мен төрге өлшеніп жасалған, жерге төсейтін сырмақ.*

**ТӨСЕНІШСІЗ** сын. *Төсеніші жоқ, төсеніш салынбаған.*

**ТӨСЕНІШТЕЙ** сын. *Төсеніш сияқты.*

**ТӨСЕНІШТІК** сын. *Төсеніш боларлық, төсенішке жарарлық.*

**ТӨСЕС=** ет. *Жайысу, салысу.*

**ТӨСЕСУ** *Төсес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕТ=** ет. *Жайғызу, төсеніш салғызу.*

**ТӨСЕТТІР=** ет. *Жайғыздыру, төсеніш салғыздыру.*

**ТӨСЕТТІРУ** *Төсеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕТУ** *Төсет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСЕУ** *Төсе етістігінің қимыл атауы; жаю, салу.*

**Төсеу тақтасы.** *Құймакесекті немесе дайындаманы шөктіруге қолданылатын, ортасында тесігі бар құрал-сайман.*

**ТӨСЕУАҒАШ** зат. қолөнер. *Керегелерді көктеу кезінде желілердің астына қойылған жастық ағаш.*

**ТӨСЕУЛІ** сын. *Жаюлы, төселген.*

**ТӨСЕУШІ** зат. *Жабын салушы.*

**ТӨСЖАРА** зат. *Жуан ағаш шоқпар.*

**ТӨСКАМЗОЛ** зат. *Әйелдер мен еркектер киетін, белі қынамен, жеңі шынтақтан ғана келетін шолақ камзол.*

**ТӨСКЕЙ**[1] зат. *Таудың қия беткейі, биіктеу баурайы.*

**Төскейде мал қосылды.** *Жайылымдас, қоныстас болды.* **Төскейде малы, төсекте басы қосылған.** *Бірбірімен етене сіңісіп, араласып кеткен.*

**ТӨСКЕЙ**[2] зат. бот. жерг. ***Төскейшөп.***

**ТӨСКЕЙЛЕ=** ет. *Беткейлеу жаққа қарай көтерілу.*

**ТӨСКЕЙЛЕУ**[1] сын. *Жоғарылау, биіктеу; көтеріңкі.*

**ТӨСКЕЙЛЕУ**[2] *Төскейле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСКЕЙЛІ** сын. *Беткейлі, биіктеу баурайы бар.*

**ТӨСКЕЙЛІК** зат. *Төскей жақ.*

**ТӨСКЕЙШӨП** зат. өс. <лат. linosyris cass> *Төскей туысына жататын өсімдік, емізікше.*

**ТӨСКЕЛІ** зат. жерг. *Темір келі, шойын келі.*

**ТӨСҚАЛТА** зат. *Киімнің кеуде тұсына тігілген қалта.*

**ТӨСҚАРЫН** зат. зоол. *Орталық және Оңтүстік Америка суқоймаларында тіршілік ететін кеудесі шығыңқы, кеуде жүзбеқанаттары ұзын балық.*

**ТӨСҚҰДЫҚ** зат. жерг. *Тайыз, онша терең емес құдық.*

**ТӨСТАРТҚЫШ** зат. *Төске киілетін әйел киімі.*

**ТӨСҚАЛДАҚ** зат. сөйл. *Қой, ешкі малының төстігі.*

**ТӨСҚАП** зат. *Аттың төсі мен алдыңғы аяғын қар, сүңгі мұз жаралаудан сақтайтын жабдық.*

**ТӨСҚАСҚА** зат. *Мал төсінің алды, екі аяғының ара тұсы, төстік.*

**ТӨСТАБАН**[1] зат. **1.** *Түйе шөгіп жатқанда кеудесіне төсеніш, қарнын ызадан, өзге де қауіптерден сақтауға қорғаныш болатын төсінің жерге тиіп жататын табан тәрізді жері, жер соғары.* **2.** жерг. *Шолақ ұлтан.*

**ТӨСТЕ=** ет. сөйл. ***Билеп-төсте*** *(ырқына көндіру, дегенін істету).*

**ТӨСТЕК** сын. сөйл. *Кеуделі, төсті.*

**ТӨСТЕКТЕЙ** сын. *Төстек сияқты, төстек тәрізді.*

**ТӨСТЕКТЕУ** сын. *Кеудесі сәл көтеріңкілеу, төстілеу.*

**ТӨСТЕН=** ет. *Төсі шығу, көріну.*

**ТӨСТЕС=** ет. *Төсті-төске тигізу, құшақтасу.*

**ТӨСТЕСУ** *Төстес етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСТИ=** ет. *Сыртқа қарай шығыңқырап тұру, бұлтию.*

**ТӨСТИТ=** ет. *Сыртқа қарай шығыңқыратып, бұлтиту.*

**ТӨСТИТУ** *Төстит етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСТИІП-ТӨСТИІП** үст. *Бұлтиып, көзге көрініп.*

**ТӨСТИЮ** *Төсти етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨСТУРАР** зат. этн. жерг. *Қыз жеңгесі күйеу балаға төсті өз қолымен турап бергені үшін күйеу жағынан жеңгеге беретін сый.*

**ТӨСТІ** сын. *Төсі шығыңқы, кең кеуделі, салқы төсті.*

**ТӨСТІК** зат. **1.** *Сойылған қойдың терісімен қоса кесіп алынған төсі.* **2.** *Малдың төс сүйегінің тұсы.* **3.** тамақ. *Қой, ешкі сойғанда төс етін тұздап, отқа қақтап пісірілетін қазақтың ұлттық тағамы.*

**ТӨСТІКТЕЙ** сын. *Төстік сияқты.*

**ТӨСТІКТЕУ** сын. *Төстілеу, төсі шығыңқылау.*

**ТӨСТІКШЕ** үст. *Төстік тәрізді, төстікке ұқсап.*

**ТӨСТІЛЕУ** сын. *Төсі шығыңқы, кеуделілеу.*

**ТӨТЕ**[1] сын. *Айналыс, бұрылысы жоқ, тура, тіке.*

**Төте жазу.** лингв. *А.Байтұрсынұлының араб графикасы негізінде жасаған жазу жүйесінің халықтық атауы.* **Төте жеткізу.** инф. <ағыл. point-to-point> *Қандай да бір аралық құрылғыны пайдаланбастан, екі бөлімнің арасында мәліметтерді тікелей жеткізу.* **Төте оқу**. *Араб жазуында сауат ашудың жаңартылған әдісі.* **Төте салықтар**. экон. *Салық төлеушінің табысынан немесе мүлкінен алынатын салықтар.* **Төтесінен қайырды.** *Қысқа сөйледі, турасын айтты.* **Төтесінен салды [тартты].** *Тіке, жол қысқарта жүрді.* **Төте шығындар.** экон. *Белгілі бір бұйымды шығарумен тікелей байланысты шығындар.*

**ТӨТЕ=** ет. **1.** *Табиғат күштеріне төзімділік көрсету, жайсыз жағдайға шыдас беру.* **2.** ауыс. *Өмір қиындықтарына, келеңсіздіктерге қарсы тұра білу, қайсарлық көрсету.* **3.** ауыс. *Жауға қарсы тұрып, күресе білу.*

**Төтеп берді**. *Қарсы тұрып, күресе білді.*

**ТӨТЕДЕН** үст. *Күтпеген жерден, өкпе тұстан.*

**ТӨТЕДЕН-ТӨТЕ** үст. *Турадан-тура, тұп-тура.*

**ТӨТЕЛ** зат. *Бекіністегі жер асты жол.*

**ТӨТЕЛЕ=** ет. **1.** *Барар жерге тура тарту, тіке жүру.* **2.** ауыс. *Тікесінен сөйлеу.*

**ТӨТЕЛЕЙ** үст. *Туралай, тікелей.*

**ТӨТЕЛЕҢКІРЕ=** ет. *Төтелей түсіңкіреу, тіке жүріңкіреу.*

**ТӨТЕЛЕҢКІРЕУ** *Төтелеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨТЕЛЕТ=** ет. *Барар жерге туралата тарту, тікелете жүру.*

**ТӨТЕЛЕТУ** *Төтелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨТЕЛЕУ**[1] сын. **1.** *Өкпе тұстау, жақындау.* **2.** ауыс. *Тікелеу айтылған.*

**ТӨТЕЛЕУ**[2] *Төтеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨТЕЛІК** зат. *Өкпе тұстық, жақындық, туралық.*

**ТӨТЕМЕЛІЛІК** зат. сөйл. <лат. immunitas> *Жұқпалы ауруға немесе уға аганың қарсы тұра алу, қабылдамаушылық қасиеті, иммунитет.*

**ТӨТЕН** сын. сөйл. ***Төтенше.***

**Төтеннен келген [кез болған].** *Аяқасты, кенеттен пайда болған.*

**ТӨТЕНДЕ=** ет. *Төтелеу, тура жүру.*

**ТӨТЕННЕН** үст. *Күтпеген жерден, кенеттен.*

**ТӨТЕННЕН-ТӨТЕН** үст. сөйл. ***Төтедентөте.***

**ТӨТЕНШЕ** сын. **1.** *Айрықша, ерекше.* **2.** *Шұғыл жағдайларға байланысты.*

**Төтенше бюджет**. экон. *Жай бюджетке (ағымдағы кірістер мен шығыстар бюджетіне) қосымша түрде жасалатын мемлекет кірістері мен шығыстарының тізбесі.* **Төтенше жағдай.** *Табиғат апаты, соғыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу, т.б. жағдайларда мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты президент немесе парламент жариялайтын уақытша режим.* **Төтенше және өкілетті елші.** дипл. *Бір елдің екінші елге төтенше жағдайларда жіберілетін белгілі өкілеттілігі бар елшісі.* **Төтенше заңдар.** заң. *Төтенше жағдай кезінде қабылданатын заңдар.* **Төтенше кірістер**. экон. *Төтенше бюджетте қарастырылатын мемлекеттік кірістер.* **Төтенше салықтар**. экон. *Жеке және заңды тұлғалардың әлдебір төтенше жағдайлар (соғыс, дүлей апат, т.б.) болғанда мемлекеттік бюджетке төлейтін міндетті төлемдері.* **Төтенше шығыстар**. экон. *Төтенше бюджетте қарастырылатын мемлекеттік шығыстар.*

**ТӨТЕПКІ** зат. *Төтеп берушілік.*

**ТӨТЕРЕК** сын. *Туралау, тікерек.*

**ТӨТЕСІН=** ет. *Төте деп білу, жақынсыну.*

**ТӨТЕСІНУ** *Төтесін етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨТЕ-ТӨТЕ** од. жерг. *Тауықты шақырғанда айтылатын сөз.*

**ТӨТЕУ** *Төте етістігінің қимыл атауы.*

**ТӨТ-ТӨТ** од. жерг. *Тауықты шақырғанда айтылатын сөз.*

**ТӨШКЕ** [ор. точка] зат. сөйл. ***Нүкте.***

**ТРАБЕКУЛА** [лат. Trabecula: tiabs – бөрене] зат. мед. *Белгілі бір мүшенің (мәселен, талақтың) ұлпасын көптеген бөліктерге бөліп тұрған, дәнекер тіннен құралған қалқан.*

**ТРАВЕРС** [ағыл. traverse] зат. спорт. *Шыңға немесе жотаның сеңгіріне таудың беткейін бүйірлеп бір бағыт бойынша көтерілетін, ал түскен кезде тәртіптің ретімен жеңіл жолды таңдайтын спорттық өрмелеудің түрі.*

**ТРАВЕРТИН** [итал. traverttino] зат. *Әкті жеңіл тау жынысы.*

**ТРАВМАТИКАЛЫҚ** сын. *Адам немесе затты зақымдайтын құралды сипаттау үшін қолданылатын термин.*

**ТРАВМАТОЛОГИЯ** [грек. trauma – жарақат, logos – ілім] зат. мед. *Клиникалық медицинаның жарақатты, оның түрлері мен себептерін, өту барысын зерттеп, осыған лайық емдеу және алдын ала сақтану шараларын қарастыратын саласы.*

**ТРАВМАТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Травматологияға қатысты, сонымен байланысты.*

**ТРАГЕДИЯ** [грек. tragōidia] зат. **1.** әдеб. *Соңы қайғылы оқиғамен (кісі өлімі, апат т.б.) шешім табатын драмалық шығарма.* **2.** ауыс. *Қайғылы оқиға.*

**ТРАГЕДИЯЛЫ** сын. **1.** *Трагедия жанрына құрылған.* **2.** *Қайғылы, аянышты.*

**ТРАГЕДИЯЛЫҚ** сын. **1.** *Трагедия сипатындағы, соған тән.* **2.** ауыс. *Қайғылы, аянышты.*

**ТРАГЕДИЯШЫ** зат. әдеб. *Трагедия жанрында шығарма жазушы.*

**ТРАГИЗМ** зат. әдеб. *Әдеби, музыкалық шығармалардағы трагедиялық элементтер.*

**ТРАГИК** сын. **1.** әдеб. *Трагедия жанрында жазатын (автор).* **2.** театр. *Трагедиялық рөлдерде ойнайтын (актер).*

**ТРАГИКОМЕДИЯ** зат. театр. *Трагедия мен комедияның элементтері арласқан драмалық шығарма.*

**ТРАГИКОМЕДИЯЛЫҚ** сын. театр. *Трагикомедияға тән.*

**ТРАДЕСКАНЦИЯ** [лат. tradescantia] зат. өс. *Тік және жайылып өсетін сабақтары бар декоративті бөлме өсімдіктері.*

**ТРАЕКТОРИЯ** [лат. trajectus] зат. **1.** *Дененің не нүктенің т.б. әуеде ұшу жолы, жасаған сызығы.* **2.** әск. *Снарядтың немесе оқтың ауадағы ұшу жолы.* **Траекторияның жоғарғы нүктесі.** әск. *Қару горизонты үстіндегі оқтың (снарядтың, минаның, ракетаның) ұшу траекториясының ең биік нүктесі.*

**ТРАЕКТОРИЯЛЫ** сын. *Траектория жасап ұшқан, белгілі сызық бойымен жүрген.*

**ТРАЙБАЛИЗМ** [ағыл. tribalism] зат. қоғ.-әлеум. **1.** ***Рушылдық*** *(қоғамдық жікке бөлінушілікті тудыратын этнос ішіндегі ру-тайпалар мен жеке адамдар бойындағы тайпалық, рулық сезім).* **2.** *Мәдени-тұрмыстық, мәдени-діни және қоғамдық-саяси салаларда кездесетін тайпалық ерекшеліктерге бас ұрып, сол өзгешеліктерді алға тарту құбылысы.*

**ТРАКТ** [нем. Trakt] зат. **1.** *Әбден жүрілген үлкен жол.* **2.** *Белгілі бір затты жеткізуге, жөнелтуге арналған құралдар жиынтығы.*

**ТРАКТАТ** [лат. tractatus] зат. ғыл. *Белгілі бір ғылым саласы бойынша жазылған, түбегейлі зерттеу жұмысы, ғылыми шығарма.*

**ТРАКТАЦИЯ** [лат. tractatus] зат. экон. *Тиісті мәміле жасауға мүдделі ықтимал сатып алушыларды немесе сатушыларды анықтау мақсатын көздейтін тауар сату немесе сатып алу туралы алдын ала жасалған ұсыныс.*

**ТРАКТИР** [лат. tractoria] зат. **1.** *Мейрамханасы бар қонақ үй.* **2.** *Арзанқол мейрамхана.*

**ТРАКТОВКА** зат. сөйл. *Белгілі бір нәрсеге берілген түсініктеме.*

**ТРАКТОР** [лат. traktor] зат. *Тіркемелі, аспалы не өздігінен қозғалмайтын (стационар) құралдармен бір агрегатқа біріктіріліп, ауылшаруашылық жол құрылысы, жер қазу, көліктік, т.б. жұмыстарды атқаруға арналған, өздігінен қозғалатын доңғалақты не шынжыр табанды мәшине.*

**Трактор бригадасы.** сов. *Тракторшылардан құралған топ.*

**ТРАКТОРДАЙ** сын. *Трактор сияқты.*

**ТРАКТОРИСТ** зат. сөйл. ***Тракторшы.***

**ТРАКТОРИСТІК** зат. сөйл. ***Тракторшылық.***

**ТРАКТОРЛЫ** сын. *Тракторы бар, трактор жүргізетін.*

**ТРАКТОРША** үст. *Тракторға ұқсап.*

**ТРАКТОРШЫ** зат. *Трактор жүргізушілердің арнаулы курсын оқыған, трактор жүргізу куәлігі бар адам.*

**ТРАКТОРШЫДАЙ** сын. *Тракторшы сияқты.*

**ТРАКТОРШЫЛЫҚ** зат. *Тракторшы кәсібі.*

**ТРАЛ** [ағылш. trawl] зат. кәс. **1.** *Пішіні конус тәрізді, әртүрлі тереңдіктен балық аулауға арналған тордан тоқылған сүзгі құралы.* **2.** гидрограф. *Су астындағы белгілі бір тереңдіктегі кедергілерді анықтап, қауіпсіз жүзуді қамтамасыз етуге арналған құрылғы.* **3.** әск. *Миналарды анықтау мен жоюға арналған құрылғы.*

**ТРАЛДЫҚ** сын. *Трал қолданатын.*

**ТРАЛМЕЙСТЕР** [ағыл. trawl, нем. Meister – шебер] зат. кәс. *Тралмен балық аулауды басқаратын маман.*

**ТРАЛЬЩИК** зат. **1.** кәс. *Тралмен жабдықталған балық аулау кемесі.* **2.** әск. *Суасты миналарын тралмен тауып, жоятын әскери кеме.*

**ТРАМВАЙ** [ағыл. tram – вагон, арба, way – жол] зат. *Электр энергиясының қуаты арқылы рельспен қозғалып, адам тасымалдайтын қалалық вагонды көліктің түрі.*

**ТРАМВАЙЛЫ** сын. *Трамвайға ие, трамвай жүретін.*

**ТРАМПЛИН** [франц. tremplin] зат. спорт. *Шаңғымен биіктен секіру үшін не суға секіру үшін жасалған арнаулы тұғыр.*

**ТРАНЗАКЦИЯ** [ағыл. transaction] зат. инф. *Мәліметтер қорын бір қарама-қайшылықсыз жағдайдан басқа жағдайға ауыстыру үшін енгізілетін хабарлама; мәліметтер базасын өзгертуге сұраныс; топтық амалдар.*

**ТРАНЗИСТОР** [ағыл. transistor] зат. **1.** *Батареямен сөйлейтін көлемі шағын радиоқабылдағыш.* **2.** кәс. *Электр тербелістерін күшейтуге, оны тудыруға және түрлендіруге арналып жартылай өткізгіш кристалл негізінде жасалған электрондық аспап.*

**ТРАНЗИСТОРЛЫ** сын. *Транзисторы бар, соған ие.*

**ТРАНЗИСТОРЛЫҚ** сын. *Транзистор түріндегі.*

**ТРАНЗИТ** [лат. transitus] зат. **1.** *Бір жерден екінші жерге жолаушы не жүкті аралық пункт арқылы тасымалдау ісі.* **2.** кеден. *Тауарлар екі кеден органы арқылы кеден бажы мен салығы алынбай өткізілетін кеден режимі.*

**Транзит операциялары.** экон. *Жүкті жөнелтушілердің жеткізушілермен жасасылған шарт бойынша шикізатты, материалдарды, отынды және басқа материалдық құндылықтарды жүк алушыға тікелей жөнелтуіне байланысты операциялар.*

**ТРАНЗИТОЛОГИЯ** [лат. transitus – өту, грек. logos – ілім] зат. *Өзгерістердің құндылықты және мақсатты белгілерін есепке алмау негізінде өтпелі қатынастарды зерттейтін білім саласы.*

**ТРАНЗИТТІК** сын. *Транзитпен байланысты.*

**Транзиттік аймақ.** экон. *Теңіз жағалауында орналасқан мемлекеттегі сауда аймағы.* **Транзиттік өзен.** *Ағып өтетін аумақтың физикалық-географиялық жағдайларына сәйкес келмейтін су жүргізімен сипатталатын өзен телімі.* **Транзиттік тауар айналымы.** экон. *Көтерме сауда кәсіпорындары тауарларды өз қоймаларына әкелместен, өндірістік кәсіпорындардан немесе жеткізушілерден тікелей сатып алушыларға жөнелте отырып сататын көтерме сауда айналымының бір түрі.*

**ТРАНКВИЛИЗАТОР** [лат. tranquillo] зат. *Тыныштандыратын қасиеті бар, психотроптық құралдар тобына жататын дәрілік препарат.*

**ТРАНС**[1] [франц. transe] зат. мед. *Адам санасының дүниеден, қоршаған ортадан түнжырау, безу түрінде көрініс беретін психикалық күй.*

**ТРАНС**[2] [лат. trans] *Күрделі сөздердің алғашқы бөлігі:* **1.** *Қандай да бір кеңістік арқылы қозғалыс, оны қиып өту.* **2.** *Қандай да бір нәрсенің артынан ілесу, қандай да бір нәрсенің қарсы жағында орналасу.* **3.** *Қандай да бір нәрсенің қатысуы арқылы белгілеу немесе беру.*

**ТРАНСАГЕНТТІК** сын. *Тұрғындарға барлық көлік қызметтерін ұсынатын мекеме.*

**ТРАНСАКЦИЯ** [латын. transactio] зат. экон. *Қайсыбір мақсат үшін бір шоттан екінші шотқа ақша аударудан тұратын алыс-беріс; өзара келісімдік жасалатын мәміле, келісім.*

**ТРАНСАКЦИЯЛЫҚ** сын. экон. *Трансакцияға қатысты, сонымен байланысты.*

**Трансакциялық банк.** қаржы. *Шетелдік кәсіпорындар (филиалдар, бөлімшелер, өкілдіктер, агенттіктер) торабы және қатысу жүйесі арқылы өкім жүргізетін, несие капиталының дүниежүзілік рыногындағы валюта және несие операцияларын бақылайтын әмбебап түрпаттағы ірі несие-қаржы кешені.* **Трансакциялық депозит.** қаржы. *Чек немесе электрондық ақша аударымы арқылы жүзеге асырылатын мәміле бойынша төленетін төлем түрінде басқа тұлғаларға аударылуы мүмкін депозит, қаражат.*

**ТРАНСГРЕССИЯ** [лат. transgressio] зат. акат. *Ағзадағы қандай да болмасын белгі қасиетін арттыратын немесе кемітетін полимерлі гендердің жинақтаушы әсері.*

**ТРАНСГРЕСТІК** зат. <лат. transgressio> *Тектоникалық қозғалыстар әсерінен жер қыртысының төмендеуі немесе дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуі нәтижесінде теңіздің құрлықты басу үдерісі.*

**ТРАНСДУКЦИЯ** [лат. transductio] зат. *Генетикалық материалдың бір бактериядан (донор) екіншісіне (реципиент) бактериофагтардың көмегімен тасымалдану үдерісі.*

**ТРАНСИВЕР** зат. *Адаптер мен желілік кабельдің немесе екі сегменттің арасында мәліметтер жеткізуге арналған қабылдауыш таратқыш.*

**ТРАНСКРИПЦИЯ** [лат. transcriptio] зат. лингв. **1.** *Белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл беру үшін пайдаланылатын жазу, шартты таңба.* **2.** муз. *Музыкалық шығарманы басқа аспаптарға немесе дауысқа салу әрекеті.*

**ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ** [лат. trans – арқылы, littera – әріп] зат. лингв. **1.** *Белгілі бір тілге тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу.* **2.** инф. *Бір символдан қайта кодтау; бір алфавиттің символын функционалды тепе-тең басқа алфавиттің символына түрлендіру.*

**ТРАНСЛОКАЦИЯ** зат. биол. *Ұқсас, жұп (гомологиялық) хромосомалардың бір-бірімен бөлім алмастырулары жүретін, хромосомалық өзгерістердің бір түрі.*

**ТРАНСЛЯЦИЯ** [лат. translatio] зат. *Студиядан тысқары белгілі бір оқиға, үлкен мереке не спорт жарысы болып жатқан жерден радио және теледидар арқылы берілетін хабар.*

**ТРАНСМИССИЯЛЫҚ: трансмиссиялық ауру.** мед. *Ауру адамнан немесе жануардан дені сауға таратқыш жануарлар, негізінен қансорғыштар арқылы жұғатын жұқпалы ауру.*

**ТРАНСПАРАНТ** [франц. transparent] зат. **1.** *Ұрандар мен үндеулер жазылып, жақтауға керілген мата қиындысы.* **2.** *Түзу жазу үшін жолсыз ақ қағаздың астына салынатын сызықша парақ.*

**ТРАНСПИРАЦИЯ** [лат. trans – тікелей өту, spirare – тыныс алу] зат. *Судың негізінен жапырақ арқылы булану үдерісі.*

**ТРАНСПЛАНТАТ** зат. мед. *Тірі тін мен өсімдіктердің трансплантация арқылы ауыстырып салынған органдары мен тіндерінің бөлігі.*

**ТРАНСПЛАНТАЦИЯ** [лат. transplantatio] зат. мед. *Адам мен жануарларда органдар мен тіндерді ауыстырып салу әдісі.*

**ТРАНСПОЗИЦИЯ** [лат. transpositio] зат. **1.** муз. *Музыкалық шығармадағы барлық дыбыстарды белгілі бір жоғары не төмен интервалға ауыстыру.* **2.** лингв. *Белгілі бір тілдік форманы басқа бір формалардың қызметінде жазу.*

**ТРАНСПОРТ** [лат. transportare] зат. ***Көлік*** *(әуеде, жерде және суда жолаушылар мен жүк тасымалдайтын қатынас көлігі).*

**ТРАНСПОРТЕР** [франц. transponeur] зат. **1.** *Жүктерді үздіксіз тасуға арналған механикалық құрылғы.* **2.** әск. *Әскерлерді, әскери техниканы, материалдық қажеттіліктерді тасуға арналған шынжыр табанды немесе доңғалақты мәшине.*

**ТРАНСПОРТИР** [франц. transponeur] зат. геом. *Бұрыштарды өлшеуге арналған, градустары*

*көрсетілген сызғыш пен жартылай доғал түріндегі сызу құралы.*

**ТРАНСПОРТТЫҚ** сын. *Көліктік транспортқа қатысты.*

**ТРАНСПОРТШЫ** зат. *Белгілі бір көлік түрін жүргізуші (ұшқыш, машинист, шофер).*

**ТРАНСПЬЮТЕР** [франц. transputer] зат. инф. *Есептеу процестерін аппараттық сүйемелдеуді және мультипроцессорлық жүйелерді ұйымдастыру ісін атқаратын мамандандырылған микропроцессор.*

**ТРАНССЕКСУАЛИЗМ** зат. мед. *Өзінің жыныстық белгілерін менсінбейтін және жыныстық мүшелеріне операция жасатып басқа жыныс өкілі болғысы келетін адам.*

**ТРАНССЕРТИФИКАТ** зат. ***Көлік сертификаты*** *(көлік ұйымдарының паркін жаңарту кезінде жаңа жабдық сатып алу үшін шығарылатын бағалы қағаз).*

**ТРАНСУРАНДЫ: трансуранды элементтер.** хим. *Д.И.Менделеев кестесіндеураннан кейін тұратын элементтер.*

**ТРАНССУДАТ** [лат. trans – арқылы, sudo – өтемін] зат. мед. *Қан айналысы мен лимфа айналысының бұзылуы салдарынан ткань саңылаулары мен дене қуыстарында жиналатын, құрамы лимфаға ұқсас сарғыш түсті мөлдір сұйық.*

**ТРАНСҰЛТТЫҚ** сын. *Халықаралық, бірнеше елдердің қатысуымен.*

**Трансұлттық саяси кеңістік.** саяси. *Мемлекеттен жоғары шешім қабылдау деңгейі бар жаңа субъектілердің пайда болуымен сипатталатын саяси шынайылықты ұйымдастырудың қазіргі бейнесі.*

**ТРАНСФЕКЦИЯ** зат. *Трансформацияның дене клеткасы генетикасына қатысты синонимі.*

**ТРАНСФЕР** [ағыл. transfer] зат. кәсіп. *Туристік бизнесте туристік фирма өкілінің туристі демалыс орнына дейін шығарып салу қызметі.*

**ТРАНСФЕР-АГЕНТ** зат. экон. *Бағалы қағаздар нарығындағы бағалы қағаздарды иеленуші тұлғалардан, олардың уәкілетті өкілдерінен тіркелімге өзгерістер енгізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды қабылдап, тіркеушіге табыстау міндетін, сондай-ақ тіркеушіден алынған ақпарат пен құжаттарды қабылдап, қағаздарды иеленуші тұлғаларға, олардың уәкілетті өкілдеріне табыстау міндетін орындаушы заңды тұлға.*

**ТРАНСФЕРКАР** [ағыл. transfero – алып барамын, car – вагон] зат. *Жүгін өзі түсіретін, өздігінен жүретін вагон.*

**ТРАНСФЕРТ** [лат. transfert] зат. **1.** экон. *Шетелдік валютаны немесе алтынды бір елден екінші елге аудару, ыңғайласпа аударма жасау жөніндегі банк операциялары.* **2.** заң. *Акциялар немесе басқа да атаулы бағалы қағаздарға қатысты меншік құқығының жазбаша келісімшарт бойынша өзге заңды тұлғаға ауысу әрекеті.*

**ТРАНСФЕРТТІК** сын. экон. *Трансфертке қатысты, сонымен байланысты.*

**Трансферттік қатер.** экон. *Капиталды бір елден екінші елге аудару кезінде шектеулердің, проблемалардың пайда болуы қатері.* **Трансферттік төлемдер.** экон. *Мемлекеттік бюджеттен халыққа және жеке кәсіпкерлерге төленетін, олардың мемлекеттік қызметті орындауымен байланысты емес, бірақ қаражатты оған негұрлым мұқтаж азаматтардың пайдасына бюджет арқылы қайта бөлу тәртібімен жүзеге асырылатын ақшалай төлемақылар.*

**ТРАНСФОРМАТОР** [лат. transformo] зат. **1.** электр. *Кернеулі айнымалы токты жиілігін өзгертпей басқа кернеулі айнымалы тоққа түрлендіретін статикалық электрмагниттік құрылғы.* **2.** *Белгілі бір нәрсені бір түрден екіншісіне, бір күйден келесі күйге өзгерткіш.*

**ТРАНСФОРМИЗМ** [лат. transformare] зат. геол. *Бірінші құрамбөліктердің сырттан әкелініп, екіншілерінің сыртқа шығарылуымен сипатталатын метасоматоз процесінен өзгерген түзілімдерден жаңа таужыныс түрлерінің, бірінші кезекте гранитоидтердің қалыптасу ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы.*

**ТРАНСФУЗИЯ** [лат. transfusio] зат. мед. *Қан құю.*

**ТРАНСЦЕНДЕНТТІК** [лат. transcendere] зат. филос. *Имманенттікке қарама-қарсы сана мен танымы шегінен тыс нәрсені білдіретін термин.*

**ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ** сын. *Шекаралары шектесетін, шекарадан шығыңқы.*

**ТРАНШЕЙ** зат. сөйл. ***Траншея.***

**ТРАНШЕЙЛІ** сын. сөйл. *Траншей қазылған.*

**ТРАНШЕЯ** [франц. tranchée] зат. әск. **1.** *Бір жағында немесе екі жағында топырақ қалқаны бар, ені тар, ұзынша келген соғыс майданындағы әскери күштердің уақытша бекініс орны, терең қазылған ор.* **2.** *Қорғаныс үшін ертеде қамалдардың айналасына қазылған ор.*

**ТРАНШПАНКЕЛІ** сын. сөйл. ***Трашпенкелі.***

**ТРАНШПЕНКЕ** зат. сөйл. ***Трашпенке.***

**ТРАНШПЕҢКЕ** зат. сөйл. ***Трашпенке.***

**ТРАП** [ағыл. trap] зат. геол. *Ұшаққа, кемеге жолаушыларды мінгізіп-түсіргенде пайдаланатын жылжымалы баспалдақ.*

**ТРАПЕЦИЯ** [грек. trapezion] зат. геом. *Екі қабырғасы өзара параллель, ал қалған екі қабырғасы өзара параллель болмайтын дөңес төртбұрыш.*

**ТРАПЕЦОЭДР** зат. геом. *Бір жұп қабырғасы тең төртбұрышты жақтардан тұратын қарапайым пішін.*

**ТРАПП** [швед. trappa] зат. *Баспалдақ тәрізді бөлінетін негізгі магмалық тау жыныстарының (диабаз, габбро-диабаз, габбро, долерит, базальт) жалпы атауы.*

**ТРАСОЛОГИЯ** [франц. trace – із, грек. logos – ілім] зат. крим. *Іздерді зерттейтін және оларды көшіріп айқындайтын тәсілдер мен амалдарды жасақтаушы криминалистиканың бөлімі.*

**ТРАССА** [нем. trasse] зат. *Үлкен қалалар аралығын қосатын не қалалар мен елді мекендерді жалғастыратын кең, түзу асфальтты жол.*

**ТРАССАЛЫҚ** сын. *Трассаға қатысты, сонымен байланысты.*

**ТРАССАНТ** [итал. trassante] зат. экон. *Аударма вексель – тратта беруші тұлға.*

**ТРАССАТ** [итал. trassare] зат. экон. *Аударма вексель – тратта бойынша төлеуге міндетті тұлға (борышкер).*

**ТРАСТ** [ағыл. trast] зат. қаржы. *Тапсырыскерлердің мүдделері үшін банктің шаруашылық саласы мен басқа да қызмет салаларында қызмет көрсету жөніндегі сенімгерлік операциялары.*

**ТРАСТ-КОМПАНИЯ** зат. экон. *Сенімгерлік міндеттерді атқарушы, мүлікті басқаруға сенім білдірген тұлғаның тапсырмасы бойынша әрекет етуші компания; мүлікті иесінің тапсырмасымен басқаруға сенім білдірілген тұлға.*

**ТРАСТЫЛЫҚ** сын. *Трастыға қатысты, соған байланысты.*

**Трастылық келісім.** экон. *Банк пен клиенттер арасындағы келісім.*

**ТРАТТА** [итал. tratta] зат. қаржы. *Аударма вексель, ақша құжаты.*

**ТРАТТОРИЯ** [итал. trattoria] зат. *Кейбір батыс Еуропа елдеріндегі мейрамхана, трактир.*

**ТРАУЛЕР** [ағылш. trawler] зат. кәс. *Тралмен балық аулауға арналған кәсіпшілік кеме.*

**ТРАФАРЕТ** [итал. traforetto] зат. **1.** *Металл, пластмасса, картон т.б. басып түсіруге қажетті әріптер, суреттер ойылған жұқа пластинка.* **2.** *Осы пластинкалар арқылы түсірілген суреттер, әріптер.* **3.** ауыс. *Ойлануды қажет етпейтін қалыптасқан үлгі, штамп.*

**ТРАФИК** [ағыл. traffic] зат. инф. *Мәлімет жеткізу желісіндегі хабарламалар ағымы.*

**ТРАХЕИТ** [грек. tracheia – кеңірдек, itis – қабыну] зат. мед. *Кеңірдектің шырышты қабығының қабынуынан болатын ауру.*

**ТРАХЕОТОМИЯ** [грек. tracheio – кеңірдек және tomie – кесу, қуысты ашу] зат. мед. *Кеңірдек қуысы стенозында күйіп қалған жағдайда, ісік пайда болып, не тыныс жолдарына бөгде зат түскенде жедел кеңірдекті кесіп, қуысына арнайы түтік орналастыру арқылы қолданылатын хирургиялық шара.*

**ТРАХЕОФИЛЕЗ** зат. вет. *Көбіне құстарда болатын аурудың түрі.*

**ТРАХИЛИПАРИТ** зат. геол. *Минералдық және химиялық құрамы трахиттер мен липариттердің аралығына сәйкес келетін эффузиялық таужыныс.*

**ТРАХИТ** [грек. trachỳs] зат. геол. *Калийлі дала шпаттарын, кейде орташа құрамды плагиоклаздарды және бір немесе бірнеше түсті минерал түйіршіктерін кіріктіретін, әдетте порфирлі не сеппелі болып келетін кайнотипті эффузиялық таужыныс.*

**ТРАХИТТІК** сын. *Трахитке қатысты.*

**ТРАХОДОНТТАР** [лат. trachodontidac] зат. зоол. *Артқы екі аяғымен жүретін, жерде тіршілік еткен барлық омыртқалылардың ішіндегі ең ірісі болып табылатын құсжамбасты динозаврлар тұқымдасы.*

**ТРАХОМА** [грек. trachys] зат. мед. *Ісініп, былшықтанып кететін жұқпалы, созылмалы көз ауруы.*

**ТРАШМӨҢКЕ** зат. сөйл. ***Трашпеңке.***

**ТРАШПЕНКЕ** зат. *Үстінде жабық қорабы бар, төрт доңғалақты, жеңіл арба.*

**ТРАШПЕНКЕЛІ** сын. *Трашпенке айдаған, трашпенкесі бар.*

**ТРЕЙДЕР** [ағыл. trader] зат. экон. *Істі өз қаражаты есебінен және жауапкершілікті өз мойнына ала отырып жүргізетін, дербес шешім қабылдайтын, бизнесті жеке өзі басқаратын тұлға.*

**ТРЕЙДЕРЛІК** [ағыл. traiding] зат. экон. *Трейдерге қатысты.*

**ТРЕЙЛЕР** [ағыл. trailer] зат. көлік. *Жамылғыға түсетін қысымы белгіленген мөлшерден аспайтын мәшинелер мен габариттері үлкен жүктерді тасымалдайтын тіркемелі немесе өздігінен жүретін көлік құралы.*

**ТРЕК**[1] [ағыл. track] зат. *Мәлімет жазуға қолданылатын магниттік диск бетіндегі концентрлі жолдар.*

**ТРЕК**[2] зат. спорт. *Велосипедпен жарысу және жаттығулар өткізу үшін арнайы салынған спорт құрылысы.*

**ТРЕЛЬ** [итал. trillo] зат. *Дірілдеген құйылмалы дыбыс.*

**ТРЕЛЬЯЖ** [франц. treillage] зат. *Үстінде айна тұратын тумба түріндегі жиһаз бөлігі.*

**ТРЕМАТОД** зат. мед. *Паразит құрт.*

**ТРЕМОЛИТ** зат. *Силикаттар класының амфиболдар тобына жататын ақшыл түсті минерал.*

**ТРЕМОЛИТ-АСБЕСТ** зат. геол. *Гидротермалық өзгерген гипербазиттер мен карбонатты таужыныстарда кездесетін тремолиттің талшықты түрі.*

**ТРЕМОЛО** [итал. tremolo] зат. муз. *Бір дыбыстың өте шапшаң қайталануы немесе діріл туғызатын қатар тұрмаған бірнеше дыбыстың алмасуы.*

**ТРЕМОР** [лат. tremor] зат. мед. *Адам, мал ағзасы шектен тыс қатты қозған, зорығып шаршаған, улы заттармен уланған кейбір індет ауруларға шалдыққан кезде пайда болатын жауап реакция.*

**ТРЕНД** [ағыл. trein] зат. *Экономикалық көрсеткіштердің есептемелік статистикалық деректерді өңдеу жолымен айқындалатын өзгеру бағыты және экономикалық өсу және құлдырау үрдістерін анықтау.*

**ТРЕНАЖ** [ағыл. trein] з а т. *Жаттығулар жүйесі.*

**ТРЕНАЖЕР** [ағылш. train] з а т. **1.** с п о р т. *Спорт жаттығуларына арналған құрылғы.* **2.** т е х. *Мәшинені (не механизмді) басқаруға машықтандыру және жүргізу техникасын кемелдендіру мақсатында пайдаланылатын оқу-жаттығу құрылғысы.*

**ТРЕНЕР** [ағыл. trainer] з а т. с п о р т. ***Жаттықтырушы.***

**ТРЕНЕРЛІК** з а т. с п о р т. ***Жаттықтырушылық.***

**ТРЕНИНГ** [ағыл. trainig] з а т. п с и х о л. с а у д а. *Қандай да бір тіршілік саласында кемелдену үшін немесе кері әсерлердің алдын алу үшін және т.с.с. қолданылатын жаттығулар жүйесі.*

**ТРЕНИНГТІК** с ы н. *Тренингке қатысты.*

**ТРЕНИРОВКА** з а т. с п о р т. с ө й л. ***Жаттығу.***

**ТРЕПАНАЦИЯ** [франц. trepanation] з а т. м е д. *Сүйек қуысын ашу операциясы.*

**ТРЕПАНГ** [малай. tripang] з а т. з о о л. *Жеуге жарамды омыртқасыз теңіз жануары.*

**ТРЕПАНОЗОМА** з а т. з о о л. *Су аурудың қоздырғышы.*

**ТРЕПЕЛЬ** [нем. Tripel] з а т. г е о л. *Жұқа кеуекті шөгінді таужыныс.*

**ТРЕСКА** з а т. з о о л. *Теңіздерде өмір сүретін, ұзындығы 90 см-ге дейін жететін теңбіл балық.*

**ТРЕСКАТӘРІЗДІЛЕР** з а т. з о о л. <лат. gadiformes> *Негізінен салқын су айдындары мен су түбіне жақын топтасып тіршілік ететін нағыз сүйекті балықтардың бір отряды.*

**ТРЕСТ** [ағылш. trust] з а т. *Құрамына енетін кәсіпорындардың толықтай өзіндік өндірістік, коммерциялық және заңды дербестігінен айрылып, бірыңғай басқаруға бағынатын кәсіпкерлер бірлестігі; монополияның бір түрі.*

**ТРЕФОН** з а т. в е т. *Қанның ақ түйіршіктерін бұзу арқылы алынатын ерекше зат.*

**ТРИАДА** [грек. trias] з а т. **1.** *Үш ұғымнан немесе бөліктерден, мүшелерден құралатын бірлік.* **2.** ф и л о с. *Идея дамуының үшкілдігі, үш сатылылығы.*

**ТРИАЗИН** з а т. х и м. *Циклді құрамдарына азоттың үш атомы кіретін алты мүшелі гетероциклді қосылыстар.*

**ТРИАЛ** з а т. с п о р т. *Кедергілерден мотоциклмен өтіп жарысатын спорт түрі.*

**ТРИАНГУЛЯЦИЯ** [лат. triangulum] з а т. **1.** м а т. *Бетті үшбұрыштарға бөлу және тригонометриялық әдіспен есептеп шығару әдісі.* **2.** г е о д. *Жер бетінде үшбұрыштар тораптарын құру арқылы геодезиялық пункттердің пландық координаталарын анықтау әдісі.*

**ТРИАНГУЛЯЦИЯЛЫҚ** с ы н. *Триангуляцияға қатысты, сонымен байланысты.*

**ТРИАС** [грек. triás] з а т. г е о л. *Ұзақтығы 50 миллион жыл болатын жердің геологиялық тарихындағы мезозой эрасының алғашқы үш кезеңі.*

**Триас жүйесі.** *Ортаңғы және жоғарғы триас бөлімдерінен тұратын мезозой тобының ең төменгі жүйесі.*

**ТРИАТЛОН** [грек. triás – үш, áthlon – жарыс] з а т. с п о р т. *Спорттық үшсайыстан: 3800 м-ге жүзуден, 170 км-ге веложарыс және 42 км 195 м-ге марафондық жүгірістен тұратын спорт түрі.*

**ТРИАТЛОНШЫ** з а т. с п о р т. *Триатлон спортымен шұғылданатын спортшы, үшсайысшы.*

**ТРИБОЛОГИЯ** з а т. ф и з. *Түйісуші денелердің үйкелісі мен тозуын зерттейтін физиканың бөлімі.*

**ТРИБОМЕТРИЯ** з а т. ф и з. *Үйкелісуші беттердің тозуы мен үйкеліс коэффиценттерін өлшеудің тәсілдері.*

**ТРИБУН** [грек. tribunus] з а т. **1.** *Ежелгі Римдегі қызмет адамы.* **2.** а у ы с. *Қайраткер, шешен.*

**ТРИБУНА** [франц. tribune] з а т. **1.** *Жұртшылық алдында сөйлейтін адамдардың алдына қойылатын көтеріңкі тұғыр, мінбе.* **2.** *Көрермендерге, көпшілікке арналған қатар-қатар орындары бар құрылыс.*

**ТРИБУНАЛ** [лат. tribunal] з а т. з а ң. *Соғыс қылмыскерлерін және аса ауыр азаматтық қылмыс жасағандарды соттауға арналып құрылған сот органы; осы органның сот коллегиясы, судьялар.*

**ТРИГГЕР** [ағыл. trigger] з а т. *Өзінің екі орнықты тепе-теңдік күйінің бірін ұзақ уақыт сақтай алатын және бір күйден екіншісіне сырттан келетін сигнал арқылы секірмелі түрде ауысатын ток аударғыш құрылғы.*

**ТРИГЛИФ** [грек. triglyphos] з а т. с ә у л е т. *Ғимарат қабырғасына тік тартылған жосықты тас тақташалар жолағы.*

**ТРИГОНОМЕТРИЯ** [грек. trigonon – үшбұрыш, metreo – өлшеймін] з а т. г е о м. *Тригонометриялық функциялар мен олардың геометрияда қолданылуын зерттейтін математиканың бір саласы.*

**ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ** с ы н. г е о м. *Тригонометрияға тән, соған қатысты.*

**Тригонометриялық пункт.** ә с к. *Координаттары мен биіктігі триангуляция әдісімен анықталатын геодезиялық тірек пункті.*

**ТРИЕР** [франц. trieur] з а т. е г і н ш а р. *Түрлі дақылдардың тұқымын әртүрлі қоспаларында тазартатын және сұрыптайтын мәшине.*

**ТРИЗМ** [грек. trismos – сықыр, шықыр] з а т. м е д. *Жақтың қарысуы, шайнау еттерінің ұзақ уақыт жиырылып, діріл қағуы.*

**ТРИКО** [франц. tricot] з а т. **1.** *Мақта, жүн жіпке химиялық талшық қосып тоқылған тығыз, қалың мата.* **2.** *Трико матасынан тігілген жеңіл спорт киімі.*

**ТРИКОТАЖ** [франц. tricotage] з а т. *Жіптің тұзақталып, өзара айқасуы арқылы тоқылған тоқыма мата.*

**Трикотаж машинасы.** *Трикотаж маталар мен бұйымдарды тоқуға арналған машина, іліп тоқу машинасы.*

**ТРИКОТИН** з а т. *Жүн жіпке химиялық талшық қосып тоқылған, түрлі-түсті, қымбат мата.*

**ТРИЛЛЕР** [ағыл. triller] з а т. ө н е р. *Оқырманның, көрерменнің ұдайы қорқыныш пен қобалжу сезімдерін тудыратын көркем туынды (кітап, пьеса немесе фильм).*

**ТРИЛЛИОН** [франц. trillion] с а н. *Миллиардтан мың есе көп, бір және 12 нөл арқылы өрнектелетін есептік сан.*

**ТРИЛЛИОНДАҒАН** с а н. *Триллион шамасындағы.*

**ТРИЛЛИОНДЫҚ** с ы н. *Триллионға тең, сонша шамалы.*

**ТРИЛОБИТТЕР** [грек. trilobita] з а т. п а л е о н т. *Буынаяқтылар типінің құрып кеткен класы, палеозой эрасында, кембрий дәуірінде өте кең тараған жануарлар тобы.*

**ТРИЛОГИЯ** [грек. tri – үш, logos – сөз] з а т. ә д е б. *Мазмұн-мағынасы, сюжеті бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ үш кітаптан тұратын әдеби шығарма.*

**ТРИМЕР** з а т. х и м. *Үш бірдей буындардан құрылған химиялық қосылыс.*

**ТРИНИТРОТОЛУОЛ** з а т. *Қопару жұмыстарына және көптеген оқ-дәрілерді жабдықтауға арналған, жеткілікті қуатты, бөлшектегіш жарылғыш кристалл зат.*

**ТРИО** [итал. trio] з а т. м у з. **1.** *Үш аспапқа арналып жазылған шығарма.* **2.** *Үш орындаушы музыканттардан құралған топ .*

**ТРИОЛЬ** [нем. triol] з а т. м у з. *Ұзақтығы жағынан екі нотамен тең үш нотадан тұратын ерекше ритмикалық фигура.*

**ТРИПАНОСОМА** [грек. trypanosoma] з а т. б и о л. *Дене мөлшері 1,4–2,4×1,5–40 мкм, пішіні ұршық тәрізді, бір ядролы, көлденең бөліну арқылы жыныссыз көбейетін қарапайымдардың талшықтылар класының кинетопластидалар отрядының туысы.*

**ТРИПАНОСОМОЗ** з а т. м е д. *Трипаносома туысына жататын талшықты қарапайымдар арқылы жабайы және үй жануарларына таралатын транмиссивтік аурулар.*

**ТРИПЛЕКС** [лат. triplex] з а т. *Үш қабатты жарықшақсыз шыны.*

**ТРИПЛЕТ** [франц. tripler] з а т. **1.** *Белгілі бір ретпен тізбектеліп орналасқан, үш азотты негіздерден тұратын және амин қышқылын көшіріп жазатын (кодтайтын) геннің құрамдық бөлшегі.* **2.** *Белок синтезі кезінде амин қышқылдарының кезегін анықтайтын үш нуклеотидтен тұратын топ.*

**ТРИПС** [грек. thrips] з а т. з о о л. *Ұзындығы 1–1,5 мм, денесі сопақша, қара немесе қоңыр, личинкалары ақ ұсақ насеком.*

**ТРИПСИН** [лат. thrўpsis] з а т. б и о л. *Қарын ұйқы бездерінде пайда болатын белоктарды ыдырататын фермент.*

**ТРИПСИНОГЕН** з а т. б и о л. *Химиялық құрамы қарапайым белок.*

**ТРИПТИХ** [грек. triptychos] з а т. ө н е р. *Бейнелеу өнерінде жалпы тақырыбы, сюжеті немесе композициясы бойынша біріктірілген үш картина, рельеф я болмаса сурет туындысы.*

**ТРИПТОН** з а т. *Суда қалқып жүретін өлі элеметтердің жиынтығы.*

**ТРИПТОФАН** з а т. *Гамма-глобулин, казеин және басқа да ақуыздардың құрамына енетін аминоқышқылдардың бірі.*

**ТРИТИЙ** [грек. tritos] з а т. х и м. *Сутек изотоптарының атомдарынан тұрапын жай зат, радиоактивті газ, молекулалық массалық саны 3.*

**ТРИТОН** [франц. triton] з а т. з о о л. *Саламандра тұқымдасына жататын құйрықты қосмекенділердің бір туысы.*

**ТРИУМВИРАТ** [грек. triumviratus] з а т. **1.** *Жоғары билікті басып алу мақсатында көне Римдегі үш саяси қайраткердің одағы.* **2.** с а я с и. *Жоғары билікті жүргізудегі үш мемлекеттік қайраткердің арасындағы өзара келісімі немесе одағы.*

**ТРИУМФ** [лат. triumphus] з а т. **1.** *Ежелгі Римде дұшпанмен шешуші соғыста зор жеңіске жеткен қолбасшыға көрсетілетін жоғары құрмет.* **2.** *Аса зор жеңіс, тамаша жетістік, салтанат.* **3.** *Белгілі бір оқиғаға арналып, ескерткіш ретінде қала алаңына жасалған, басына мүсін немесе эмблема орнатылған биік колонна.*

**ТРИУМФАЛДЫҚ** с ы н. *Салтанатты, жеңісті.*

**ТРИУМФАТОР** [лат. triumphator] з а т. *Салтанатпен қарсы алынған жеңімпаз, салтанат иесі, жеңімпаз қолбасшы.*

**ТРИХИНЕЛЛА** [грек. trichinos] з а т. м е д. *Дернәсілдері шошқа және басқа да жануарлардың бұлшық еттерінде тіршілік етіп, ет тағамдары арқылы адамға берілетін құрт.*

**ТРИХИНЕЛЛЕЗ** [грек. trichinellosis] з а т. м е д. *Адам мен жануарларда болатын ішек құрты ауруы.*

**ТРИХОБОТРИЯЛАР** з а т. *Өрмекшітектестердің арнайы сезім мүшесінің қызметін атқаратын қылтандар.*

**ТРИХОГРАММА** [лат. trichogramma] з а т. *Шаншар-жұмыртқа жегілер туысына жататын хальцидтер тұқымдасы.*

**ТРИХОМОНОД** [грек. trichōma] з а т. м е д. *Сүтқоректілерде, адамдарда болатын паразит.*

**ТРИХОМОНОДТЫҚ** с ы н. м е д. *Трихомонодқа қатысты, соған тән.*

**ТРИХОМОНОЗ** з а т. м е д. *Қоздырғышы қарапайым трихомонада болатын адамның, малдың, құстың жұқпалы ауруы.*

**ТРИХОФИТИЯ** [лат. trichophyte] з а т. в е т. *Барша түлік малдың (әсіресе бұзаудың) терісін зақымдап (қабындырып), тері бетін қабыршақтандыратын, жүнін түсіретін жұқпалы ауру.*

**ТРИХОЦИСТАЛАР** зат. биол. *Инфузориялардың эктоплазма қабатында орналасқан, тітіркену және қорғаныш қызметін атқаратын қысқа таяқшалар.*

**ТРИЭНОФОРОЗ** зат. зоол. *Балықтарда болатын аурудың түрі.*

**ТРОАКАР** [франц. trois-quarts] зат. мед. *Денедегі ірің немесе басқа да сұйықтықты шығаруға арналған үш қырлы инесі бар түтікше тәрізді хирургиялық аспап.*

**ТРОГ** [нем. Trog] зат. геогр. *Мұздың қозғалысы салдарынан тау баурайларының жемірілуі нәтижесінде пайда болатын астау пішіндес аңғар.*

**ТРОИЦА** ор. зат. діни. *Құдай үш бейнеде (ипостасияда) деген сенімге негізделген христиан догматы.*

**ТРОЙКА** ор. зат. сөйл. **1.** *Үш ат жегілген арба.* **2.** *Пиджак, шалбар (немесе юбка) және жилеттен тұратын костюм.*

**ТРОКТОЛИТ** зат. геол. *Негізінен оливин мен негізді плагиоклаздан тұратын анық кристаллы ультранегізді магмалық таужыныс.*

**ТРОЛЛЕЙБУС** [ағыл. trolleybus] зат. көлік. *Контактілік сым арқылы электр энергиясымен қозғалатын, жолаушылар таситын қалалық көлік түрі.*

**ТРОМБ**[1] [итал. tromba] зат. *Найзағайлы бұлт астында, құрлық үстінде қалыптасатын өте күшті құйын.*

**ТРОМБ**[2] [грек. trómbos] зат. мед. *Қан тамырларында пайда болатын қан түйіршіктері.*

**ТРОМБИН** [грек. trómbos] зат. мед. *Қанның ұюын туғызатын фермент.*

**ТРОМБОЗ** [лат. Thrombosis] зат. мед. *Белгілі бір қан тамырының ұйыған қанмен (тромбпен) бітеліп, зақымданған қан тамырының ішкі бетінде қан ұйып, қойыртпаққа айналуы.*

**ТРОМБОКИНАЗА** [грек. trombos – қанның ұюы, kineo – қозғалтамын] зат. мед. *Қанның ұюын тездететін заттек.*

**ТРОМБОН** [итал. trombone] зат. муз. *Симфониялық эстрадалық оркестр құрамына енетін үрлемелі аспап.*

**ТРОМБОФЛЕБИТ** [грек. thrombos – ұйыған қан, phleps, phlebos – вена, itis – қабыну] зат. мед. *Тромбтың пайда болуына апарып соғатын вена қан тамырларының ауруы.*

**ТРОМБОЦИТ** [грек. thrombos – ұйыған қан, kytos – клетка] зат. мед. *Қанның ұюын қамтамасыз ететін қан жасушасы.*

**ТРОНДЬЕМИТ** зат. геол. *Құрамының 70%-ы қышқыл плагиоклаздан, 25%-ы кварцтан тұратын, түсті минералдардың (биотиттің немесе амфиболдың) азын-аулақ мөлшерлерін кіріктіретін лейкократты плагиогранит түрі.*

**ТРООСТИТ** зат. кен. *Болаттың құрылымдық құрауышы, феррит пен цементиттің дисперстік қоспасы.*

**ТРООСТОМАРТЕНСИТ** зат. кен. *Болаттардың шынықтырудан кейінгі троостит пен мартенситтен тұратын құрылымы.*

**ТРОП** [грек. tropos] зат. әдеб. *Сөз бен сөз тіркесінің ауыспалы түрде қолданылу тәсілі.*

**ТРОПИЗМ** [грек. tropos] зат. *Белгілі бір фактордың әсерінен өсімдік мүшелерінің бұрыла, бағытын өзгерте өсу қозғалысы.*

**ТРОПИК** [грек. tropikos] зат. геогр. *Экваторға жақын маңдағы жыл маусымында елеулі айырмашылық байқалмайтын ыстық климатты аймақ.*

**ТРОПИКА** зат. сөйл. ***Тропик.***

**ТРОПИКАЛЫҚ** сын. сөйл. ***Тропиктік.***

**ТРОПИКТІК** сын. сөйл. *Тропикке тән, соған қатысты.*

**Тропиктік ауа.** геогр. *Тропиктік және субтропиктік ендіктерде жыл бойына, қоңыржай ендіктің оңтүстігінде тек жазда қалыптасатын ауа массасы.* **Тропиктік белдеулер.** геогр. *Солтүстік және Оңтүстік жарты шарлардағы, субтропиктік және субэкваторлық белдеулер аралығындағы табиғи географиялық белдеулер.* **Тропиктік жыл.** геогр. *Күн мен түннің жазғытұрғы теңелу нүктесінен күннің қатарынан екі рет өтуіне кететін уақыт аралығы.* **Тропиктік орман.** *Климаты жыл бойы ыстық болып, жауын-шашын мол түсетін жерлердегі тропиктік белдеудің ормандары.*

**ТРОПИЛАР** [грек. tropos] зат. *Ежелгі скептицизм өкілдерінің өмірде бар нәрселерді объективті түрде таныр-білуге болмайды деп дәлелдеуде қолданған қағидаттары.*

**ТРОПОСФЕРА** [грек. tropos – бұрылыс, өзгеріс, sphaira – шар] зат. геогр. *Атмосфераның тропопаузаға дейін жалғасатын төменгі қабаты.*

**ТРОПОСФЕРАЛЫҚ** сын. геогр. *Тропосфераға тән, соған қатысты.*

**ТРОПОҮЗІЛІС** зат. геогр. <грек. tropos – бұрылыс, pauses – тоқтату> *Атмосферадағы тропосфера мен стратосфера арасындағы өтпелі қабат.*

**ТРОПОФИТТЕР** [грек. tropos – бағыт, phyton – өсімдік] зат. бот. *Тропиктік аумақтарда өсетін өсімдіктер.*

**ТРОС** [голл. tros] зат. *Кендір я болат сымнан есілген берік арқан.*

**ТРОТИЛ** зат. әск. ***Тринитротолуол.***

**ТРОТИЛДЫҚ** сын. *Тротилге қатысты.*

**Тротилдық эквивалент.** әск. *Ядролық зарядтың (оқ-дәрінің) жарылу күшінің өлшемі.*

**ТРОТУАР** [франц. trottoir] зат. *Қала көшелерінің жаяу адамдар жүретін шеткі бөлігі.*

**ТРОТУАРША** үст. *Тротуарға ұқсап, тротуар тәрізді.*

**ТРОФЕЙ** [франц. trophee] зат. *Соғыс кезіндегі жеңген жақтың жаудан иеленген қару-жарақтары немесе әскери мүліктері.*

**ТРОФИКА** [грек. trophe] зат. *Жүйке жүйесінің organдар мен тіндердің қоректенуіне, ағзадағы зат алмасуға әсері.*

**ТРОФИКАЛЫҚ** сын. *Трофикаға қатысты.*

**Трофикалық қосындылар.** биол. *Жасуша цитоплазмасында болатын тұрақсыз құрылым.*

**ТРОФОЛОГИЯ** [грек. trophe – қорек, logos – ілім] зат. *Тамақ, тамақтану туралы ғылым.*

**ТРОФОБЛАСТ** [грек. trophe – тамақ, қоректік зат, biastos] зат. *Сүтқоректілердің көп жасушалы көпіршік тәрізді ұрығының сыртқы қоректендіруші қабығы.*

**ТРОХОФОРА** зат. *Көпқылтанды буылтық құрттардың дернәсілі.*

**ТРОЦКИЗМ** зат. саяси. *Ұзақ тарихы бар идеялық-саяси солшыл қозғалыс.*

**ТРУБА**[1] [итал. tromba] зат. муз. *Жезден жасалатын жоғары регистрлі үрлемелі музыкалық аспап.*

**ТРУБА**[2] ор. зат. сөйл. ***Құбыр.***

**ТРУБАДУР** [франц. troubadour] зат. әдеб. *Ортағасырлық провансальдық ақын-әнші, өнерпаз.*

**ТРУБКА** ор. зат. сөйл. **1.** ***Мүштек.*** **2.** ***Тұтқа.***

**ТРУБКАЛЫ** сын. сөйл. *Трубкасы бар, тұтқалы.*

**ТРУВЕР** [франц. trouver] зат. әдеб. *Орта ғасырда Францияда ел кезіп жүрген өлеңші, жыршы, ақын.*

**ТРУППА** [нем. Truppe] зат. театр. *Драмалық, опералық, балет театрының, цирктің актерлік-шығармашылық құрамы.*

**ТРУТЕНЬ** зат. зоол. *Аталық ара.*

**ТРЮК** [франц. truc] зат. *Шеберлік, айлакерлік іс-әрекет.*

**ТРЮМ** [голл. truim] зат. *Кеменің қозғалтқышы орналасқан жүк қоятын астыңғы бөлімі.*

**ТРЮМО** [франц. trumeau] зат. *Үлкен, биік айна.*

**ТРЫНКА** зат. сөйл. *Құмарлық карта ойыны.*

**ТСС** елік. *Тынышталу, дыбыс шығармау мәнінде айтылатын сөз.*

**ТУ**[1] зат. <голл. vlag> *Жеке бір мемлекетке, топқа арналып белгілі бір түсті маталардан жасалған, рәміздік бейнелері бар ұзын сапты жалау; байрақ.* **2.** әск. *Әскери бөлімнің рәмізі.* **3.** этн. *Бура келеге түскен кезде адамға қауіп төндіріп шайнау, тарпудан сақтандыру үшін бура өркешінің ұшына байлайтын түсті мата белгі .*

**Ту алды**. *Атқа қонды, жауға қарсы шықты.* **Ту алып [ұстап], тұлпар мінді [жаратты].** *Елді жорыққа көтерді, қол бастады.* **Ту астында**. *Адамдардың ортақ мақсатпен топтасқан, ұйымдасқан, басы біріккен орны.* **Ту жығып, тұғырын сындырды.** *Жеңді, тасталқан етті.* **Ту кестелеуші.** *Туды пішіп, кесте, өрнек салушы.* **Ту көтерді [байлады]**. *Халықтың басын қосып, елдікке шақырды.* **Ту тікті.** а) *Жаулап жеңіп алды, үстемдік орнатты; жеңіске жетті.* ә) *Өрістетті, гүлдендірді.* **Ту ұстап, тұлпар жаратты**. *Ерлік жорыққа елді көтерді, қол бастады.* **Ту ұстаушы.** *Жарыстарда мемлекеттің туын ұстап шығатын спортшы.* **Туы биіктеді.** *Мерейі үстем болды.* **Туы жығылмады.** *Жеңілмеді, алған бетінен қайтпады.* **Туы жығылып, қанаты қайырылды.** *Биліктен айрылды, жеңілді.*

**ТУ**[2] сын. **1.** *Бір не бірнеше жыл тумай қалған, қысыр; қонды (мал). // Бала таппаған, бедеу (әйел).* **2.** ауыс. *Әлі игерілмеген, пайдаланылмаған; тың (жер).*

**Ту аңыз.** жерг. *Үш-төрт жыл тыңайтылған аңыз.* **Ту байтал.** *Бір немесе бірнеше жыл құлындамаған байтал.* **Ту бие**. *Құлын тастап кеткен не құлыны өліп қалған немесе мүлдем құлындамаған бие.* **Ту биедей**. *Құлын тастап кеткен не құлыны өліп қалған немесе мүлдем құлындамаған әрі мініс көрмеген бие сияқты.* **Ту дала.** *Кетпен тимеген, тың жатқан жер.* **Ту қой.** *Қысыр қалған, қоздамаған семіз қой.* **Ту шөп.** *Мал тісі тимеген бітік шөп.*

**ТУ**[3] есім. *Тіптен алыс, анау, тонау, сонау.*

**Ту баста.** *Әуелден, бұрыннан, қашаннан.* **Ту сырты**. *Адамның, үйдің т.б. сырт жағы, арқа тұсы, арты.* **Ту сыртынан өткендей.** *Тесіп өткендей деген мағынада айтылып тұр.*

**ТУ**[4] од. *Таңырқау не кейістік білдіргенде қолданылатын көңіл күй одағайы.*

**ТУ=** ет. **1.** *Ана құрсағынан шығу. // Белгілі бір өңірде дүниеге келу.* **2.** ауыс. *Ұйымдасу, құрылу.* **3.** *Жаңа айдың келуі, басталуы.* **4.** *Жоқтан бар болу, пайда болу.* **5.** *Қамтамасыз ету, жасау.*

**Туған ай.** *Жаңа көрінген ай.* **Туған айдай.** *Аса сұлу, көрнекті ару туралы айтылады.* **Туған күн**. *Әр жыл сайын құттықтап, атап өтілетін адамның дүниеге келген күні.* **Тумай жатып қағынған.** *Жастай бұзылған.* **Тумай туа шөккір**. қарғ. *Жоқ болғыр, тумай кеткір.* **Тумаса да туғандай.** *Жат болса да өз баласындай.*

**ТУА** үст. *Тумысынан, жаратылысынан.*

**Туа біткен**. *Қанмен берілген, тегінде бар табиғи.* **Туада біткен.** жерг. *Туа біткен.* **Туа жау**. *Ежелгі жау, ата жау.* **Туа пайда болған иммунитет.** мед. *Тұқым қуалаушылықпен берілетін ағзаның жұқпалы аурулардың қорғанатын қасиеті.*

**ТУАҒАШ** зат. *Тудың сабы.*

**ТУАБІТТІ** сын. *Туа біткен, тумысынан.*

**ТУАЖАТ** зат. этн. *Бір атадан тараған алтыншы ұрпақ, немеледен туған бала.*

**ТУАЛЕТ** [франц. toilette] зат. сөйл. ***Дәретхана.***

**ТУАР** зат. этн. **1.** *Төлдейтін мал.* **2.** эвф. *Жылқыны тұспалдау, атау.*

**Туар көбейсін.** тілек. *Құрсақты мал көп болып, мал басы өссін.*

**ТУАР=** ет. жерг. ***Доғар.***

**ТУАРЕГТЕР** зат. *Берберлер тобына жататын, Сахара, Алжирдің орталық бөлігінің тұрғын халқы.*

**ТУАРУЛЫ** сын. сөйл. ***Доғарулы.***

**ТУАРЫЛ=** ет. сөйл. ***Доғарыл.***

**ТУАСЫ** үст. сөйл. *Туасылы, туғалы.*

**ТУАСЫЛЫ** үст. *Туғалы, тумысынан, туысынан.*

**ТУАТАЯҚ** зат. жерг. *Киіз үйдің шаңырағына іліп қоятын, бірнеше ашалы, мүйізбен әшекейленген киім ілгіш.*

**ТУАШАҚ** сын. жерг. *Әлі тумаған, болашақта туатын.*

**ТУАШАР** зат. этн. *Жиеншардан туған ұл не қыз балалар өздерінің анасы келген елге, ондағы ата-ана, туған-туыстарына туашар болып есептеледі.*

**ТУБА** [итал. tuba] зат. муз. *Үрлемелі мыс аспаптардың ішіндегі жуан дауысты, ең үлкен аспап.*

**ТУБАЗИД** зат. мед. *Суға жақсы еритін ақ ұлпа немесе таблетка түрінде шығарылатын дәрі.*

**ТУБДИСПАНСЕР** зат. мед. *Туберкулез ауруын емдеп, одан алдын ала сақтандыратын арнаулы медициналық мекеме, туберкулез диспансері.*

**ТУБЕГІ** зат. көне. *Ту ұстайтын адам.*

**ТУБЕРКУЛЕЗ** [лат. tuberculum] зат. мед. *Адам мен жануарлардың өкпе, бауыр, сүйек т.б. органдарын зақымдайтын, созылмалы, жұқпалы ауру.*

**ТУБЕРКУЛИН** зат. фарм. *Туберкулез ауруына қарсы қолданылатын дәрі-дәрмек.*

**ТУБЕРКУЛИН** [лат. Tuberculinum] зат. мед. *Туберкулезді аллергиялық әдіспен анықтау үшін қолданылатын биологиялық препарат.*

**ТУБЕРКУЛИНИЗАЦИЯ** [лат. Tuberculinisatio] зат. вет. *Малдың туберкулезге шалдыққан-шалдықпағанын анықтау мақсатымен оның мойын терісінің ішіне туберкулин енгізу.*

**ТУБЕРКУЛОПРОТЕИН** зат. фарм. *Туберкулез ауруына қарсы қолданылатын дәрі-дәрмек.*

**ТУБУЛАР** зат. *Сахара шөлінің орталық ауданында тұратын, біраз бөлігі Нигер мен Ливияны мекендейтін, экваторлық нәсілге жататын халық.*

**ТУБУС** [лат. tubus] зат. мед. *Адамды ультрадыбыстық толқынмен емдеуде қолданылатын оптикалық құралдың бөлшегі.*

**ТУВА** зат. сөйл. ***Тыва*** *(Тува автономиялық республикасының тұрғын халқы, ұлты, осы ұлттың өкілі).*

**Тува тілі**. лингв. *Байырғы халқы Тува республикасында, сонымен қатар Моңғолия, Қытайдағы тувалықтардың тілі болып табылатын түркі тілдерінің бірі.*

**ТУҒАН** зат. *Туысқан, туыс, ағайын, жекжат. // Бірге туған, туыс болып келетін. // Етене, туыпөскен, орналасуы бойынша жақын.*

**Туған бауыр.** *Бір әкеден туған ағайынды адам.* **Туған бөле.** *Бірге туған апалы-сіңілі адамдардың балалары.* **Туған ел.** *Туып-өскен ел-жұрт, Отан.* **Туған жер.** *Атамекен, туып-өскен, кіндік қаны тамған жер.* **Туған жердің дәм-тұзы тартсын.** тілек сөз. *Еліңе аман-есен орал.* **Туған жер топырағы бұйырмады.** *Жат жерде өлді, топырақ сала алмады.* **Туған күн.** *а) Адамның дүниеге келген күні. ә) Қаланың т.б. құрылған, іргесі қаланған мәртебесі өзгертілген күн. б) Кез, жағдай.* **Туған мекен.** *Туған жер, атамекен.* **Туған тіл.** *Ана тілі.* **Туған үй.** *Кіндік қаны тамған үй, өз үйі.* **Туған шаңырақ.** *Туған үй, мекен.* **Туған шеше.** *Баланың өз анасы.*

**ТУҒАНДАЙ** сын. *Бірге туғандай, өте жақын.*

**ТУҒАН-ТУЫС** зат. *Ағайын-туған, туыс-жақын.*

**ТУҒАН-ТУЫСҚАН** зат. *Бір атадан тараған, аталас ағайын.*

**ТУҒАТ=** ет. жерг. *Тауысу, түгесу.*

**ТУҒЫЗ=** ет. **1.** *Босанғызу, бала тапқызу.* **2.** *Сол жерде, мекенде дүниеге келгізу.* **3.** ауыс. *Пайда болғызу, жарыққа шығарғызу.* **4.** *Қамтамасыз еткізу, жасау.*

**ТУҒЫЗУ** *Туғыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Босанғызу, бала тапқызу, баланы дүниеге әкелкізу.* **2.** ауыс. *Адам ғып шығару, тәрбиелеп өсіру.* **3.** ауыс. *Пайда болғызу, жарыққа шығаргызу.* **4.** *Жасау, қамтамасыз ету.* **5.** *Келеңсіздікке бастау, нашар жағдайға ұрындыру, душар ету.*

**ТУҒЫЗЫЛ=** ет. *Жасалу, қамтамасыз етілу.*

**ТУҒЫЗЫЛУ** *Туғызыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТУҒЫШ** сын. **1.** *Жиі туатын, туа бергіш.* **2.** ауыс. *Пайда болғыш.*

**ТУДАЙ** сын. *Ту сияқты, ту тәрізді. // Ту құсап.*

**ТУДЫР=** ет. **1.** *Босандыру, төлдеттіру, дүниеге әкелдіру.* **2.** ауыс. *Пайда болдыру, жарыққа шығарту.* **3.** *Душар еттіру, ұрындыру.*

**ТУДЫРҒЫШ** зат. *Душар еткіш, ұрындырғыш.*

**ТУДЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Пайда болдырғыш қасиет, жасампаздық.*

**ТУДЫРУ** *Тудыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУДЫРУШЫ** зат. *Бір нәрсені туғызушы, ойлап табушы адам.*

**ТУЖЫРКА** [франц. toujours] зат. *Күртешенің түрі.*

**ТУЖЫРКЕЛІ** сын. *Тужырке киген, тужыркесі бар.*

**ТУКАН** зат. зоол. *Тропикалық ормандарда мекендейтін құс.*

**ТУЛА=** ет. **1.** *Бас асаулық қылу, мөңку.* **2.** ауыс. *Бұлқан-талқан болып ашуға басу.* **3.** ауыс. *Толқын ату, буырқану.* **4.** ауыс. *Тебірену, толқу.* **5.** *Серпу, секіру, шоршу.*

**ТУЛАҒЫШ** сын. **1.** *Тулай беретін, мөңкігіш.* **2.** ауыс. *Толқығыш, ашушаң.*

**ТУЛАҚ** зат. этн. **1.** *Үстіне жүн сабау немесе төсеніш үшін көбіне ірі қараның, тайдың терісінен жасалатын, жүні алынбай кепкен көнтері.* **2.** ауыс. *Көп мінілген, азып-арыған ат.*

**Тулаққа аунатты**. *Жеңді, басым түсті.* **Тулақ шашу.** а) *Күзем алғанда шашылатын шашу.* ә) *Тулаққа жүн сабап алған соң, тулақ үстіне құрт шашатын рәсім.*

**ТУЛАҚТА=** ет. *Тулақ қағу.*

**ТУЛАҚТАЙ** сын. *Тулақ сияқты, соған ұқсас.*

**Тулақтай сүйретті.** *Қиыншылық көрсетті, азаптады, қорлады; күш көрсетті, қоқан-лоқы жасады.*

**ТУЛАҚТАН=** ет. **1.** *Тулақтай болып кебу, тақырлану.* **2.** ауыс. *Кебірсу.*

**ТУЛАҚТАНДЫР=** ет. *Кептіру, тақырландыру.*

**ТУЛАҚТАНДЫРУ** *Тулақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЛАҚША** үст. *Тулақ тәрізді, тулақ құсатып.*

**Тулақша сілкіді [қақты].** *Астан-кестеңін шығарды, әлек салды.*

**ТУЛАН=** ет. көне. **1.** жерг. *Көбею, өсу, семіру.* **2.** *Тусырау, қысырау.*

**ТУЛАС=** ет. *Бірге тулау, дүрсілдесу.*

**ТУЛАТ=** ет. **1.** *Мөңкіту, асаулық көрсету.* **2.** *Шоршыту, секірту, селкілдету.* **3.** ауыс. *Тебірenту, толқыту.*

**ТУЛАТТЫР=** ет. ауыс. *Тебіренттіру, толқыттыру.*

**ТУЛАТТЫРУ** *Тулаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЛАТУ** *Тулат етістігінің қимыл атауы; тебірenту, толқыту.*

**ТУЛАУ** *Тула етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЛЛИЙ** [лат. Thule] зат. хим. *Лантаноидтарға жататын химиялық элемент.*

**ТУЛЫ** сын. *Ту алған, тулары бар.*

**ТУЛЫҚ: тулық тас.** жерг. *Егін бастыратын тас.*

**ТУЛЯРЕМИЯ** [лат. tularaemia] зат. мед. *Жануарлардан жұғатын табиғи-ошақты, аса қатерлі жұқпалы ауру.*

**ТУМА[1]** зат. сөйл. **1.** *Туыстығы жақын, аталас адам, туыс.* **2.** *Сол өлкенің, мекеннің адамы.* **3.** жерг. *Нәресте, сәби.*

**Тума мал.** *Өзіне меншіктенген соң туған мал.*

**ТУМА[2]** сын. *Тумысынан бар, жаратылысынан қалыптасқан, туғаннан.*

**Тума иммунитет.** мед. *Туа пайда болған иммунитет.* **Тума металдар.** хим. *Табиғатта дербес түрінде кездесетін металдар.* **Тума түйе.** түйе-шар. *Қолда өсірген, иесінің құты болған, ата-бабасынан мұра болып қалған қадірлі түйесінің ұрпағы.*

**ТУМАДАЙ** сын. *Тума сияқты.*

**ТУМА-ЖАҚЫН** зат. *Туған-туыс, жақын-жуық.*

**ТУМАЛАС** зат. *Туыс, аталас жақын, туысқан.*

**ТУМАЛАСТАЙ** сын. *Тумалас сияқты.*

**ТУМАЛАСТЫҚ** зат. *Туыстық, аталас жақындық, туысқандық.*

**ТУМАЛЫҚ** зат. *Туысқандық, жақындық.*

**ТУМА-ТУЫС** зат. *Ағайын-туыс.*

**ТУМА-ТУЫСҚАН** зат. ***Тума-туыс.***

**ТУМБА** зат. сөйл. *Жазу үстеліне арналған кішілеу шкаф.*

**ТУМБАЛЫ** сын. *Тумбасы бар, тумба қойылған.*

**ТУМЫС** зат. *Жаратылыс, болмыс.*

**ТУМЫСЫНАН** үст. *Жаратылысынан, болмысынан.*

**ТУМЫСЫНДА** үст. *Өз өмірінде, туылғалы бері.*

**ТУМЫШ** зат. жерг. *Туған, тума.*

**Тумыш ат.** *Арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан.*

**ТУНГ** қыт. зат. өс. *Дәнінен бағалы техникалық май алынатын тропикалық ағаш.*

**ТУНГУС** зат. *Эвенкілердің бұрынғы аты (Шығыс Сібірде тұратын халық).*

**ТУНДРА** [фин. tunturi] зат. геогр. *Тайга белдемінен солтүстікке қарай орналасқан және онымен орманды тундра асуы арқылы байланысқан ормансыз аумақ.*

**ТУНЕЦ** зат. зоол. *Скрумбия тұқымдасына жататын ірі жыртқыш балық.*

**ТУНИКА** [лат. tunica] зат. зоол. **1.** *Хордалы жануарлардың сыртқы қабаты.* **2.** бот. *Өсімдіктің конусты келген жоғары жағының сыртқы қабаты.*

**ТУНИКАЛЫҚ** сын. *Туникаға тән, соған қатысты.*

**ТУННЕЛЬ** [ағыл. tunnel] зат. *Теміржол, автотрасса құрылыстардың тау немесе жер астынан өтетін бөлігі.*

**ТУННЕЛЬДЕЙ** сын. *Туннель сияқты.*

**ТУННЕЛЬДІК** сын. *Туннельге тән, соған қатысты.*

**ТУННЕЛЬШІ** зат. *Туннель салушы, сонда жұмыс істейтін жұмысшы.*

**ТУР[1]** зат. зоол. *Ертеде өмір сүріп, тұқымы жойылып кеткен ірі, жабайы сиыр.*

**ТУР[2]** [франц. tour] зат. **1.** *Белгілі бір істі, жұмысты іске асырудағы кезең.* **2.** *Сұрыптау конкурстарының, спорт жарыстарының кезекті сатысы, жаңа белесі.*

**ТУР[3]** зат. *Туристік саяхат.*

**ТУР[4]** зат. *Музыканттың, музыкалық ұжымның басқа қалаларға барып концерт беруі.*

**ТУРА[1]** сын. **1.** *Ешбір ауытқусыз, түзу, бұрылмастан, тіке.* **2.** *Дәл, нақ.* **3.** ауыс. *Қара қылды қақ жарған әділ, дұрыс, ақ.*

**Тура ату.** әск. *Снаряд, оқ траекториясы белгіленген нысана биіктігінен көтерілмейтін атыс қаруынан ату.* **Тура ату қашықтығы.** әск. *Снарядтың (оқтың) траекториясы нысананың берілген биіктігінен аспайтын ең үлкен атыс қашықтығы.* **Тура дәлдеу.** әск. *Панораманың оптикалық осін (қиыстыруды) нысанамен тікелей үйлестіру арқылы зеңбіректі дәлдеу.* **Тура жол.** *Дұрыс бағыт-бағдар.* **Тура жолға салды.** *Дұрыс бағыт сілтеді, жол көрсетті.* **Тура жолдан жаздырды.** *Теріс қылық әрекетке итермеледі, адал, оң, дұрыс ісінен жаңылдырды, адастырды.* **Тура келді.** а) *Тікелей кезікті, дөп түсті.* ә) *Мәжбүр болды,*

*амалы қалмады.* б) *Айтқаны болды, расқа шықты.* **Тура салықтар.** экон. *Салық төлеушінің кірістері мен мүлкінен тікелей алынатын салықтар.* **Турасын айтты [сөйледі].** *Шынын, анығын баяндады.* **Тура тартты.** *Төтесінен салды, тіке, жол қысқарта жүрді.* **Тура толықтауыш.** лингв. *Табыс септеуінде жұмсалатын сөйлем мүшесі.* **Тура түскен.** *Түп-тура, түзу.* **Тура тілді.** *Шын, әділ сөйлейтін.* **Тура шығару.** инф. <ағыл. direct output> а) *Деректерді аралық жазусыз магниттік таспаға шығару.* ә) *Сараптық жүйеде – жіберуден қорытындыға бағытталған білімдер базасының ережелерін өңдеуге негізделген айнымалының мәнін анықтау әдісі.*

**ТУРА=** ет. **1.** *Етті, нанды т.б. жеуге ыңғайлап, ұақ бөлшектерге бөлу, пышақпен кесу.* **2.** ауыс. *Кескілеу, сою.*

**ТУРАҒАН** зат. жерг. тамақ. *Етті, жұқа нанды ұсақтап турап, үстіне сорпа құйып жасаған тамақ.*

**ТУРАҒЫШ** зат. *Әлдененi турауға арналған құрал, жақсы турайтын аспап.* д

**ТУРАҒЫШТА=** ет. **1.** *Турай түсу, кескілеу.* **2.** ауыс. *Кесіп өту.*

**ТУРАДА** шыл. ***Туралы.***

**ТУРАДАН-ТУРА** сын. сөйл. ***Тұп-тура.***

**ТУРАҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. orthoptera> *Алдыңғы қанаттары тері тәрізді, артқысы нәзіктеу, жарғақ болып келетін, дене үстін бойлай тік орналасқан, артқы аяқтары ұзын, секіруге бейімделген жәндіктер класының бір отряды.*

**ТУРАЛ=** ет. **1.** *Бөліну, бөлшектелу, пышақпен кесілу.* **2.** *Орылу, шабылу.*

**ТУРАЛА=** ет. **1.** *Тіке бет алу, тура жүру.* **2.** *Тура ету, түзулеу, дәлдеу.* **3.** ауыс. *Тіке айту, төтесінен сөйлеу.* **4.** ауыс. *Ретке келтіру, ыңғайлау.*

**ТУРАЛАЙ** үст. *Тікелей, төтесінен.*

**ТУРАЛАН=** ет. **1.** *Дәлдену, бағытталу.* **2.** ауыс. *Түзетілу, реттелу.*

**ТУРАЛАНУ** *Туралан етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАЛАТ=** ет. **1.** *Тура ету, түзулету, дәлдету.* 2. ауыс. *Реттету, ыңғайын келтірту.*

**ТУРАЛАТУ** *Туралат етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАЛАУ**[1] зат. инф. **1.** *Мәтін жолына оның сөздерінің немесе символдарының арасындағы бос орындарды өзгерту (көбейту не азайту) арқылы көрсетілген пішімді пайдалану тәсілі.* **2.** *Мәтінді өңдеу барысында абзацты сол жақ және оң жақ өрістердің аралығына туралап орналастыру әдісі.*

**ТУРАЛАУ**[2] сын. *Бағыты дұрыс, түзулеу; дұрыстау.*

**ТУРАЛАУ**[3] *Турала етістігінің қимыл атауы; ретке келтіру, ыңғайлау.*

**ТУРАЛЫ** шыл. *Жайында, хақында.*

**ТУРАЛЫҚ** зат. **1.** *Түзулік, тікелік.* **2.** *Тура айтушылық, әділдік.*

**ТУРАМ** зат. *Кішірек бір кесім, бір асам.* // *Туралған, үзіліп-кесілген.*

**ТУРАМА** зат. жерг. *Туралған ет.*

**ТУРАМШЫ** сын. *Ұсақ етіп туралған.*

**ТУРАМШЫЛА=** ет. сөйл. ***Турамышта.***

**ТУРАМЫШТА=** ет. *Әлдененi турап-турап, бөлшектеу, уақтап турау.*

**ТУРАМЫШТАУ** *Турамышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАС=** ет. *Бөлшектеп кесісу, бірге турау.*

**ТУРАСУ** *Турас етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАСЫНДА**[1] шыл. сөйл. ***Туралы.***

**ТУРАСЫНДА**[2] үст. *Шамасында, мөлшерінде.*

**ТУРАТ=** ет. **1.** *Кескізу, қиып бөлгізу, тілгізу.* **2.** *Кескілету, сойғызу.*

**ТУРАТТЫР=** ет. *Кестірту.*

**ТУРАТТЫРУ** *Тураттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАТУ** *Турат етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАУ** *Тура етістігінің қимыл атауы.*

**ТУРАУЛЫ** сын. *Туралып қойылған, туралған.*

**ТУРАУШЫ** зат. *Дастарқан басында қолына пышақ ұстап, ет турап беретін адам.*

**ТУРАУЫШ** зат. *Үстіне бекітілген жалпақ пышағы бар ағаш тақтай түрінде болатын, түрлі нәрселерді кесуге арналған құрылғы.*

**ТУРАШЫЛ** сын. *Бет-жүзіне қарамай тура-сын айтатын, әділ.*

**ТУРАШЫЛДЫҚ** зат. *Тура жолмен жүрушілік, әділдік.*

**ТУРБАЗ** зат. *Туристік база.*

**ТУРБИН** зат. сөйл. ***Турбина.***

**ТУРБИНА** [франц. turbine] зат. *Бу мен газдың, судың энергиясын механикалық энергияға үздіксіз түрлендіріп отыратын қозғалтқыш.*

**ТУРБИДИТТЕР** зат. *Қазіргі және көне турбидитті ағындар (ұйық ағындары) нәтижесінде қалыптасқан шөгінділердің жалпылама атауы.*

**ТУРБИНАЛЫҚ** сын. *Турбинасы бар, турбина арқылы жұмыс істейтін.*

**ТУРБО..** [франц. turbo] *Турбина қолданылады деген мағына беретін күрделі сөздердің алғашқы бөлігі.*

**ТУРБОБҰРҒЫ** зат. *Мұнай және газ өндіру кезінде терең ұңғыма бұрғылауға арналған қозғалтқыш.*

**ТУРБОГЕНЕРАТОР** зат. *Бу не газ турбинасымен айналатын электрлік синхронды генератор.*

**ТУРБОКОМПРЕССОР** зат. *Жану камерасындағы ауаны компрессор арқылы сығатын агрегат.*

**ТУРБОКОМПРЕССОРЛЫ** сын. *Турбокомпрессор арқылы жұмыс істейтін.*

**ТУРБОЛЕТ** зат. авиац. *Ауадан ауыр, көтергіш күші тік орналасқан реактивтік қозғалтқыш тұғызатын ұшу аппараты.*

**ТУРБОПОЙЫЗ** зат. көлік. *Газ турбиналық қозғалтқышпен жұмыс істеп, жоғары жылдамдықпен қозғалатын теміржол пойызы.*

**ТУРБОРЕАКТИВТІК: турбореактивтік қозғалтқыш.** *Компрессоры іске газ турбинасының көмегімен қосылатын әуе-реактивтік қозғалтқыш.* **Турбореактивтік ракета.** *Траекторияда ұшуы көлденең білігі төңірегінде айналу арқылы реттелетін ракета.*

**ТУРБУЛЕНТТІК** сын. геол. *Күрделі траекториясы бойынша бөлшектері ретсіз, бейберекет қозғалып, нәтижесінде қозғалыстағы газ бен сұйықтықтың қатты араласуымен сипатталатын.*

**ТУРБУЛЕНТТІЛІК** зат. геол. <лат. turbulentis> *Сұйықтықтың соңғы массасының газ молекулаларына ұқсас ретсіз, бейберекет, әр түрлі бағытта қозғалу құбылысы.*

**ТУРГОР** [лат. Turgere] *Ағзаның (тіннің) шымырлығы, серпінділігі.*

**ТУРЕЛЬ** зат. *Пулемет отырғызатын айналмалы тұғыр.*

**ТУР-ДЕ-ВАЛЬС** зат. спорт. *Бокстағы ақылға сыйымды, алайда орындалуы күрделі әдістер.*

**ТУРИЗМ** [франц. tourisme] зат. *Тынығу және қызғылықты жаңа аймақтарымен, объектілерімен танысу мақсатын көздеген кез келген (бір күндік, көп күндік, шалғай не жақын жерлерге) саяхат.*

**ТУРИСТ** зат. *Туризммен айналысушы, ел, жер аралаушы, саяхатшы.*

**Туристер жиыны.** тур. *Лагерьлер жағдайына, табиғат аясында, өтетін туристердің басқосуы, көпшіліктің кездесуі.* **Туристер клубы.** тур. *Туристерді біріктіретін қоғамдық ұйым.* **Туристер қылқайығы.** тур. Екі жағы жалпақ ескекпен алға *қарап отырып есетін турист отырған жерден басқа үсті жабық, ұзынша келген жеңіл қайық.* **Туристер салы.** *Өзендерде жүзіп саяхат жасауға арналған бөренелерді бір-біріне байластырып жасалған құрал.*

**ТУРИСТЕЙ** сын. *Турист сияқты.*

**ТУРИСТІК** сын. *Туризмге қатысты, сонымен байланысты.*

**Туристік жай.** тур. *Туристік саяхат-сапарларға шыққан адамдарға қызмет көрсетуге арналған сауықтыру және мәдени ағарту мекемесі.* **Туристік жолдама.** тур. *Туристік фирма ұйымдастырған туристік базада, лагерьде жорық, шетелге саяхат кезінде белгілі бір туристік қызметтерді қабылдауға құқық беретін, ақшаға сатып алынатын құжат.* **Туристік имидж.** тур. *Халықаралық туризмнің нарықтық қатынас жағдайындағы бет-бейнесі.* **Туристік индустрия.** зат. тур. *Туристерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.* **Туристік карта.** тур. *Туристерді қызықтыратын объектілер, маршруттың бағыты мен жағдайы бейнеленген карта.* **Туристік күнделік.** тур. *Саяхат кезінде жүргізілетін сапардың негізгі есебі болып табылатын күнделікті жазба.* **Туристік лагерь.** тур. *Туристердің табиғат аясында уақытша орналасқан демалыс орны.*

**ТУРМАЛИН** [нем. turmalin] зат. кен. *Кристалдары бағана тәрізді, агрегаттары сояу, радиал-сәулелі, талшықты, түсі қызыл, қара, көк, жасыл, түссіз, жылтырлығы шыныдай, силикаттар класының борлы силикаттар тобына жататын минерал.*

**ТУРМАН** зат. зоол. *Ұшуы кезінде айнала білетін, қолдан өсірілген шүйілгіш кептер.*

**ТУРНЕПС** [ағыл. turnips] зат. әск. *Тамыр қалың болып өсетін мал азықтық шалқан.*

**ТУРНИК** [франц. tourner] зат. спорт. *Биіктігі екі метрдей қос тіреуішке көлденең орнатылған темір білік.*

**ТУРНИКЕТ** [франц. tourniquet] зат. *Әрлі-берлі өтушілерді біртіндеп жіберіп тұру үшін өтетін жерге қойылған айналып тұратын жабдық.*

**ТУРНИР** [нем. Turnier] зат. **1.** *Ортағасырлық Батыс Еуропа елдері рыцарьларының әскери сайысы.* **2.** спорт. *Спорттық жарыс.*

**ТУРНИРЛІК** сын. *Турнирге қатысты.*

**ТУРНОДОЗЕР** зат. тех. *Тракторға топсамен бүйірінен ілініп, топсалы шанақпен байланыстырылған, аспалы рельс қармағыш механизммен жабдықталған, шынжыртабанды немесе пневмодоңғалақты трактор түріндегі агрегат.*

**ТУСТЕП** [ағыл. two-step] зат. *Жұптасып билейтін америкалық би.*

**ТУСУ** *Тусы етістігінің қимыл атауы.*

**ТУСЫ=** ет. сөйл. ***Тусыра.***

**ТУСЫРА=** ет. *Игерусіз қалу, тыңаю.*

**ТУСЫРАТ=** ет. *Игерусіз қалдыру, тыңайту.*

**ТУСЫРАТУ** *Тусырат етістігінің қимыл атауы.*

**ТУСЫРАУ** *Тусыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТУСЫТ=** ет. сөйл. ***Тусырату.***

**ТУТАЛАЙЫН** үст. жерг. ***Ту-талақай.***

**ТУ-ТАЛАҚАЙ** үст. *Әлем-тапырық, бей-берекет, быт-шыт.*

**Ту-талақай қылды.** *Астаң-кестеңін шығарды, быт-шыт етті.* **Ту-талақайы шықты.** *Астаң-кестеңі шықты, берекесі қашты.*

**ТУ-ТАЛАҚАЙЛА=** ет. *Берекесін кетіру, талапайлау.*

**ТУ-ТАЛАҚАЙЛАУ** *Ту-талақайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТУ-ТАЛАПАЙ** үст. *Ту-талақай, тас-талқан.*

**ТУ-ТАЛҚАН** үст. *Тас-талқан.*

**ТУ-ТУ** од. *Шегі жоқ алыс, шалғай дегенді білдіретін сөз.*

**ТУТҰҒЫР** зат. ***Флакшток*** *(жалауды тік көтеру үшін тігінен орнатқан ұзын сырық).*

**ТУУ**[1] зат. *Дүниеге адамзаттың өмірін жалғастырушы ұрпақ әкелу, халықтың табиғи өніпөсу, көбею үдерісі.*

**ТУУ**[2] *Ту етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өмірге келу, жаратылу.* **2.** *Пайда болу, жарыққа шығу, туындау.*

**Тууы туралы куәлік.** *Адамның аты-жөні, туған күні, жері, әке-шешесі туралы мәлімет жазылатын құжат.*

**ТУУСЫЗ** сын. *Тумаған күйде.*

**ТУФ**¹ [итал. tufo] зат. геол. *Шығу тегі әртүрлі тау жыныстарының тобы.*

**ТУФЕЛЬКА** зат. биол. *Инфузория класындағы қарапайым организмдер.*

**ТУФЛИ** зат. *Әртүрлі формада тігілетін ерлер мен әйелдердің қонышсыз, өкшелі аяқ киімі.*

**ТУФЛИЛІ** сын. *Аяғында туфлиі бар, туфли киген.*

**ТУФФИТ** зат. геол. *Жанартаутекті және шөгінді тау жыныстарынан құралған аралас құрамды тау жынысы.*

**ТУҺ** од. *Таңырқаған не кейіген кезде айтылатын одағай сөз.*

**ТУША** зат. *Бір жасар ұрғашы ешкі; өткен жылғы лақ.*

**ТУШАДАЙ** сын. *Туша сияқты.*

**ТУШАҚУРАЙ** зат. бот. *Сабағы жуандау келетін онша биік емес құрай.*

**ТУШЫ** зат. *Әскер туын ұстаушы батыр адам.*

**ТУШЬ**¹ [нем. Tusche] зат. *Сызу, сурет салу үшін суға езіп жасалған әртүрлі түсті бояу.*

**ТУШЬ**² зат. спорт. *Бильярдта кез келген шарға таяқпен, қолмен, киіммен т.б. тиіп кету.*

**ТУЫЛ=** ет. *Дүниеге келу, жаралу.*

**ТУЫЛДЫРЫҚ** зат. сөйл. ***Туырлық.***

**ТУЫЛУ** *Туыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫМ**¹ зат. *Жаратылыс, бітім; туыс.*

**ТУЫМ**² зат. жерг. *Төлдеу, қоздау кезі.*

**ТУЫМДЫ** сын. жерг. *Туысы жақсы.*

**ТУЫНДА=** ет. *Өрбіп-өсу, көбею.*

**ТУЫНДАС** сын. *Төркіндес, түбірлес.*

**ТУЫНДАТ=** ет. *Өрбіту, көбейту.*

**ТУЫНДАТҚЫЗ=** ет. *Өрбіткізу, көбейткізу.*

**ТУЫНДАТҚЫЗУ** *Туындатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫНДАТУ** *Туындат етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫНДАУ** *Туында етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫНДЫ**¹ зат. **1.** *Ақын не жазушының шығармашылық еңбегі; шығарма.* **2.** хим. *Зат молекуласы құрам бөліктерінің басқа затқа алмасуынан түзілген өнім, бастапқы заттың туындысы.*

**Туынды етістік.** *Басқа сөз табына немесе түбір етістікке жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістік.* **Туынды сөз.** лингв. *Қазақ тілінің сөздік құрамында қолданылып жүрген қазіргі атау сөздер.* **Туынды табыс.** экон. *Бастапқы табыстардың негізінде оларды бір иеленушіден екінші иеленушіге беру жолымен құралатын табыс түрі.*

**ТУЫНДЫ**² зат. мат. *Дифференциалдық есептеудің x аргументі өзгерген кездегі $f'(x)$ функциясының өзгеру жылдамдығымен сипатталатын негізгі түсінігі.*

**ТУЫНДЫГЕР** зат. сөйл. ***Автор.***

**ТУЫНДЫГЕРЛІК** сын. сөйл. ***Авторлық.***

**ТУЫНДЫДАЙ** сын. *Туынды сияқты.*

**ТУЫНДЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрседен туындағандық.*

**ТУЫП-ӨС=** ет. *Дүниеге келіп, ер жету.*

**ТУЫП-ӨСУ** *Туып-өс етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫРЛЫҚ** зат. этн. *Киіз үйдің түндігі мен үзігінің арасын қосатын, уықтың орта тұсынан керегенің басына дейін жабатын киіз.*

**Туырлығын тілді [тіліп, тоқым етті].** ескі. *Тас-талқан етіп, шаңырағын ортасына түсірді.* **Туырлығы туралды.** *Тас-талқаны шықты.* **Туырлық бау.** қолөнер. *Туырлықты ұстап тұратын әрі әсемдік үшін ою-өрнек салынған жалпақ терме бау.* **Туырлық қас.** қолөнер. *Туырлықтың басына ішкі жағынан (үй ішінен) ұсталатын, оюлы, түрлі-түсті басқұр, оюлы киіз.* **Туырлық үй.** этн. *Төрт қанатты, уықтары кішігірім шаңыраққа қадалатын, тек туырлықтармен жабылатын жолма, жол үйдің нұсқасы.*

**ТУЫРЛЫҚСЫЗ** сын. *Туырлығы жоқ, туырлық жабылмаған.*

**ТУЫРЛЫҚТАЙ** сын. **1.** *Туырлық сияқты.* **2.** *Кең, көлемді, далиған.* **3.** *Шап-шағын, тұлақтай.*

**ТУЫРЛЫҚТЫ** сын. *Туырлық жапқан, туырлығы бар.*

**ТУЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ішін май басу, семіру; қатпар-қатпар май түсу.* **2.** ауыс. *Тың, құнары мол болу.* **3.** ауыс. *Майлану, шелдену.*

**ТУЫРЫЛТ=** ет. *Май бастыру, майландыру, шайландыру, шелдендіру.*

**ТУЫРЫЛУ** *Туырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫС** зат. **1.** *Бір атадан тараған, жақын, қандас туысқан.* **2.** ауыс. *Бір-біріне мейір-шапағаты бар, бауырлас.* **3.** *Бауырлас, тегі бір, түбі бір.* // *Жақындығы бар, қатысты.* **4.** биол. <лат. genus> *Филогенетикалық тұрғыдан бір-біріне туыстығы жақын түрлерді біріктіретін, түрден жоғары тұратын негізгі таксономиялық категория.*

**Туыс тіл [тілдер].** лингв. *Шығу төркіні бір, грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі ұқсас, негізгі сөздік қоры ортақ не өте жақын тілдер, тілдер тобы.*

**ТУЫС=** ет. *Бір анадан туу.*

**Туыспай кеткір!** *Бірге тумай қалғыр деген мағынада.*

**ТУЫСАРАЛЫҚ: туысаралық будан.** *Әртүрлі туыстарға жататын даралықтарды будандастыру арқылы алынатын гетерозиготалы ұрпақ.*

**ТУЫС-ЖАҚЫН** зат. *Ағайын-туыс, жақын-жуық.*

**ТУЫСҚАН** зат. **1.** *Бір атадан өрбіген ұрпақтар, туыстас, бауырлас адамдар.* **2.** ауыс. *Бірі мен бірін ортақ мақсаттар қосқан әртүрлі халықтар, одақтас елдер.* **3.** ауыс. эмоц. *Таныс не таныс емес адамдарға меңзей айтылатын қаратпа сөз.*

**ТУЫСҚАНДАЙ** сын. *Туысқан сияқты, етене жақын.*

**ТУЫСҚАНДАС** сын. *Туыстас, бауырлас.*

**ТУЫСҚАНДЫҚ** зат. *Туыстық, бауырлық.* **Туысқандық қылды.** *Туыстығын танытты, жақындығын көрсетті.*

**ТУЫСҚАН-ТУҒАН** зат. *Туыс атаулы, ағайын-туған, жақын-жақыбай.*

**ТУЫСҚАНШЫЛ** сын. *Туысын жақын көретін, туысшыл.*

**ТУЫСҚАНШЫЛДЫҚ** зат. *Туысқа жаны ашушылық, ағайыншылдық, жақындық.*

**ТУЫССЫЗ** сын. *Ағайын-тумасыз, туысқансыз.*

**ТУЫССЫЗДЫҚ** зат. *Туысы жоқтық, ағайынсыздық.*

**ТУЫССЫРА=** ет. *Туысын аңсау, іздеу, сағыну.*

**ТУЫССЫРАУ** *Туыссыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫСТАЙ** сын. *Туыс сияқты, туысқандай.*

**ТУЫСТАС** сын. *Шыққан тегі бір, төркіні жақын.*

**ТУЫСТАС=** ет. *Бірге туғандай, аралас-құралас болу.*

**ТУЫСТАСТЫР=** ет. *Туыс еттіру.*

**ТУЫСТАСТЫРУ** *Туыстастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫСТАСУ** *Туыстас етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫСТАУ** сын. *Аздаған туыстығы бар, жақындау.*

**ТУЫС-ТУҒАН** зат. ***Туған-туыс.***

**ТУЫС-ТУМА** зат. *Ағайын, жекжат.*

**ТУЫСТЫҚ** зат. *Бір туғандық, туысқандық, қанның жақындығы.*

**Туыстығы қақырады.** *Өкпе, кейістен аралары суыды, ренжісті.*

**ТУЫСТЫР=** ет. *Ара-жігін қосу, жақындастыру.*

**ТУЫСТЫРУ** *Туыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫСУ** *Туыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТУЫСША** үст. *Туыс тәрізді, ағайынша.*

**ТУЫСШЫЛ** сын. *Туысын жақсы көретін, туысқаншыл.*

**ТУЫСШЫЛДЫҚ** зат. *Туысқандық, ағайыншылдық.*

**ТУЫСЫНАН** үст. *Туғанынан бастап, жаратылысынан, тумысынан.*

**ТУЫСЫНДА** үст. сөйл. ***Тумысында.***

**ТҰБАНАДАЙ** сын. *Тұбана сияқты.*

**ТҰҒАНАҚ** зат. сөйл. ***Тоғанақ.***

**ТҰҒЖИ=** ет. *Тұқырая еңкею; еңсесі түсу.*

**ТҰҒЖИТ=** ет. *Тұқырайта еңкейту.*

**ТҰҒЖИТУ** *Тұғжит етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҒЖИЮ** *Тұғжи етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҒЖЫҢ** елік. *Тұқырайып, еңсесі түскен қимылды бейнелейтін сөз.*

**ТҰҒЖЫҢДА=** ет. *Тұғжың-тұғжың ету, құнжыңдаған қимыл жасау.*

**ТҰҒЖЫҢДАС=** ет. *Тұғжың-тұғжың етісу, бірге құнжыңдасу.*

**ТҰҒЖЫҢДАСУ** *Тұғжыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҒЖЫҢДАУ** *Тұғжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҒЫ** зат. жерг. *Дөңгелек.*

**ТҰҒЫЖЫМ** сын. жерг. *Бойы, тұрқы қысқалау, тұқырайған.* // *Мығым, тегеруінді.*

**ТҰҒЫЛ** зат. *Тау сайының барып тірелетін, тұйықталып қалатын жері.*

**ТҰҒЫЛДАЙ** сын. *Тұғыл сияқты, тұғыл тәрізді.*

**ТҰҒЫН** шыл. *Өткен шақтық демеулік шылау.*

**ТҰҒЫР**¹ зат. **1.** *Қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы.* **2.** *Бір нәрсенің астына қойылған тірек.* **3.** ауыс. *Сүйеніш; тірек.* **4.** *Мүсіндік туындылар (мүсін-ескерткіш, мүсіндік топтама, сыралғы, т.б.) мен бағаналардың, обелискілердің астына қойылатын сандықша негіз.*

**Тұғырдан тайды [түсті].** *Бұрынғы дәуреннен қалды, қайраты қайтты.* **Тұғырдан түсті.** *Қайраты қайтты, күші кеміді.* **Тұғырдан ұшты.** *Бұл жерде о дүниеге кетті деген мағынада.*

**ТҰҒЫР**² зат. *Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі, тұғыр ат.*

**Тұғыр ат.** *Мініске, жегуге төзімді жылқы.*

**ТҰҒЫРЛЫ** сын. *Астында мініс көлігі, аты бар.*

**ТҰҒЫРЛЫҚ** зат. *Туралық, тікелік.*

**ТҰҒЫРНАМА** зат. **1.** саяси. <франц. plate-forme> *Мемлекеттік, қоғамдық-саяси ұйым, қозғалыстардың бағытын, қызметін айқындайтын, табан тірейтін іс-әрекет бағдарламасы.* **2.** *Қандай да бір қоғамдық, саяси, әлеуметтік шараның негізі, тұжырымдамалық ұстанымдар.*

**ТҰҒЫРСЫЗ** сын. *Құс қонатын тұғыры жоқ.*

**ТҰҒЫРШЫ** зат. саят. *Тұғырға қондырылған саят құстарын ұстаушы.*

**ТҰҒЫРШЫН** зат. түйешар. *Үштен төртке шығатын ұрғашы, қайымай қалған түйе.*

**ТҰҒЫРШЫНДАЙ** сын. *Тұғыршын сияқты.*

**ТҰЖЫР=** ет. **1.** *Кесілген ағаштың, бұтақтың ұш жағын тегістеп, жұмырлай шабу.* **2.** ауыс. *Әңгімені, сөзді қысқа қайыру, доғару.*

**ТҰЖЫРТ=** ет. **1.** *Кесілген ағаштың, бұтақтың ұш жағын тегістеп, жұмырлай шапқызу.* **2.** ауыс. *Сөзді қысқа қайырту, доғарту.*

**ТҰЖЫРТУ** *Тұжырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЖЫРУ** *Тұжыр етістігінің қимыл атауы, сөзді қысқарту, қайыру.*

**ТҰЖЫРЫЛ=** ет. **1.** *Қысқа етіп кесілу, қиылу.* **2.** ауыс. *Тұқырылу, доғарылу.*

**ТҰЖЫРЫЛУ** *Тұжырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЖЫРЫМ** зат. тер. **1.** *Белгілі бір істің, ойдың қорытындысы, байламы, шешімі.* **2.** ғыл. *Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынатын негізгі байламы, қорытындысы, нәтижесі, болжамы.*

**Тұжырым жасады [тұжырымға келді].** *Бір қорытындыға жетті, байлам жасады.*

**ТҰЖЫРЫМДА=** ет. **1.** *Тұжырып шауып, ұшын тегістеу.* **2.** ауыс. *Тұжырым жасау, қорытындылау, түйіндеу.*

**ТҰЖЫРЫМДАЛ=** ет. *Түйінделу, тұжырым жасалу, бұйырылу.*

**ТҰЖЫРЫМДАЛУ** *Тұжырымдал етістігінің қимыл атауы; түйінделу.*

**ТҰЖЫРЫМДАМА** зат. **1.** *Белгілі бір құбылыс жайындағы көзқарастар жүйесі, бір нәрсе туралы негізгі пікір, қорытынды.* **2.** қоғ.-саяси. <лат. conceptio> *Белгілі бір мемлекеттік қоғамдық маңызы бар мәселелердің айқын ұстанымы.* **3.** филос. *Қандай да бір құбылыс үдерістерді танудың негізгі бағыты, ондағы көзқарастар жүйесі.*

**ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ** сын. *Тұжырымдамаға тән.*

**ТҰЖЫРЫМДАУ** *Тұжырымда етістігінің қимыл атауы; түйіндеу; қорытындылау.*

**ТҰЖЫРЫМДЫ** сын. *Байламды, шешімді.*

**ТҰЖЫРЫМДЫЛЫҚ** зат. *Байламдылық, шешімділік.*

**ТҰЖЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Тұжыра түсу; қорытыңқырау, қысқартыңқырау.*

**ТҰЖЫРЫҢҚЫРАУ** *Тұжырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗ**[1] зат. **1.** *Су, көл түбінен алынатын малға жалататын, ащы дәмді, ақ түсті кристалл зат.* **2.** *Ас-тағамдардың дәмін кіргізу үшін қосылатын, өткір дәмді, ақ түсті кристалл зат.*

**Тұз айдады.** *Алла тағаланың, тағдырдың жазуымен дәм бұйырды.* **Тұз байлану.** мед. *Тұздың шөгуі мен зат алмасуының бұзылуына байланысты өт, бауыр, бүйрек, несеп жолы, қуық, буыншық еттер мен буындардың ауыруы.* **Тұзға салған балықтай.** *Қатып, қуарып қалу.* **Тұз көзденді.** *Құты қашты, үрейлене бастады.* **Тұз қышқылы.** хим. *Ас тұзы мен күкірт қышқылын қосу арқылы алынатын, хлорлы сутегі қышқылы.* **Тұз сауыты.** *Тұзсауыт (тұз салатын кішкене ыдыс).* **Тұзы ащы татыды.** *Жеккөрінішті, сүйкімсіз болды.* **Тұзы жараспады.** а) *Тіл табыса алмады, ортақ пікірге келмеді.* ә) *Ерлі-зайыпты болып тұра алмай, айырылысты.* **Тұзы жарасты.** *Үй болып, отасты, үйленді.* **Тұзы жеңіл.** *Сөзге тез ілінетін, жолы ауырлау (адам).* **Тұзын ақтады.** *Еңбегін ақтады, борышын өтеді.* **Тұзын татты.** *Белгілі бір жерде болып көрді.* **Тұзы таусылды.** а) *Өмірмен қоштасатын кез келді, ажал жетті.* ә) *Тұрғылықты жерінен қоныс аударуға тура келді.*

**ТҰЗ**[2] зат. ойын. *Ойын картасының ең үлкені, күштісі.*

**ТҰЗАҚ**[1] зат. *Әртүрлі құс, қоян ұстау үшін, қылдан есіп жасалатын аңшы құралы.*

**Тұзағына іліндірді.** *Шырмауына түсірді.* **Тұзаққа түсті [ілінді**]. а) *Тұзаққа ілініп қалды.* ә) *Алдауға түсті, ұсталды.* **Тұзақ құрды.** а) *Құстың қонатын, жүретін жеріне тұзақ байлады.* ә) *Айла, амал жасады, пәле ойлады.* **Тұзақ салды.** а) *Аң, құсты қолға түсіру үшін құрылатын қақпан құрды, жіптен тор құрды.* ә) *Дарға асу үшін қолданылатын, шеңбер түрінде байланған жіпті жазаланушының мойнына кигізді.* б) *Дарға асты, өлтірді.* **Тұзақ үзген [тұзақ үзген ала аяқ].** *Ала бөтен бұзық, зұлым адам.*

**ТҰЗАҚ**[2] зат. спорт. *Ең соңында қозғалыстың бағыты өзгеретін қарсы жүріс.*

**ТҰЗАҚТА=** ет. *Бұғалық жасап байлау, шалма жасау.*

**ТҰЗАҚТАЛ=** ет. **1.** *Байлану, шалма жасалу.* **2.** ауыс. *Қолға түсу, ұсталу.*

**ТҰЗАҚТАЛУ** *Тұзақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗАҚТАУ** *Тұзақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗАҚТАУЛЫ** сын. *Тұзақталған, тұзақ жасалған.*

**ТҰЗАҚТЫ** сын. *Тұзақтап байланған.*

**ТҰЗАҚШЫ** зат. *Тұзақпен аңшылық құратын адам; тұзақ жасаушы.*

**ТҰЗБАСТЫҚ** зат. жерг. *Тұз салатын дорба.*

**ТҰЗБҰРШАҚ** зат. өс. <лат. petrasimonia monandra> *Алабұталар тұқымдасы Сораңша тұысына жататын малазықтық шөптесін өсімдік, ащышөп.*

**ТҰЗҒАТЫҚ** зат. жерг. *Сүзбеге тұз қосып, ашқылтым етіп жасалған тағам.*

**ТҰЗДА=** ет. *Ет, май, балық сияқтылардың дәмін кіргізу үшін тұз себу, тұз қосу.*

**ТҰЗДАЙ** сын. **1.** *Тұз сияқты.* **2.** ауыс. *Көкпеңбек, көк.*

**ТҰЗДАЛ=** ет. *Тұз себілу, тұз қосылу.* **Тұздалған қырыққабат [кияр].** тамақ. *Қысқа сақтау үшін бөшкеге, эмальді ыдысқа тұз қосылып бастырылған қырыққабат, кияр.*

**ТҰЗДАЛУ** *Тұздал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДАН=** ет. *Құрамында тұз көбею, тұз пайда болу.*

**ТҰЗДАНУ** *Тұздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДАР** зат. хим. *Химиялық қосылыстар класы; қышқыл молекулаларындағы сутек атомдарының орны толықтай немесе жартылай металл атомдары не OH топтарына ауысқан қосылыстар; қалыпты жағдайда иондық құрылымдағы кристалл заттар.*

**ТҰЗДАС-ДӘМДЕС** сын. *Аралас-құралас.*

**ТҰЗДАТ=** ет. *Етке, майға тұз сепкізу, тұз қосқызу.*

**ТҰЗДАТУ** *Тұздат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДАУ** *Тұзда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДАУЛЫ** сын. *Тұз салынған, тұз қосылған.*

**ТҰЗДАУШЫ** зат. *Тұздаған адам.*

**ТҰЗ-ДӘМ** зат. ***Дәм-тұз*** *(Ас-су, несібе).* **Тұз-дәм айдады.** *Бір жаққа бару сәті түсті, дәм бұйырды.* **Тұз-дәмі бітті [таусылды]**. *Ризығы таусылды, өмірі сарқылды.* **Тұз-дәмі жараспады [жарасты].** а) *Тіл табыса алмады, шығыспады.* ә) *Үйленді, үй болып тұра алды.* **Тұз-дәмін ақтады.** *Істеген жақсылықты қайтарды, еңбегін жандырды.*

**ТҰЗДӘМЕК** сын. жерг. *Шала тұздалған.*

**ТҰЗДЫ** сын. *Тұзы көп, ащы.*

**Тұзды ваннада шынықтыру.** мәш. *Тұзды балқытпада суыту арқылы шынықтыру.*

**ТҰЗДЫБҰРШАҚ** зат. өс. *Торғайотының бір түрі; сорлы, сортаңды жерлерде, шөлдалаларда өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, біржылдық шөптектес ащы шөп.*

**ТҰЗДЫҚ**[1] зат. тамақ. *Піскен еттің, қуырдақтың т.б. тағамдардың дәмін кіргізу үшін үстіне құйылатын пияз бұрыш, тұз, сарымсақ салып не айран, ірімшік, қымызқұйып, құрт, қатық езіп жасалатын қоспалар.*

**ТҰЗДЫҚ**[2] зат. геол. *Құрамындағы ерігген тұздың жалпы мөлшері 50 г/л-ден астам табиғи немесе жасанды су ерітінділері.*

**ТҰЗДЫҚ**[3] зат. жерг. *Тоғызқұмалақ ойынындағы хан.*

**ТҰЗДЫҚСЫЗ** сын. *Тұздығы жоқ.*

**ТҰЗДЫҚТА=** ет. **1.** *Асқа тұздық құю, дәмін кіргізу.* **2.** ауыс. *Сөзді астарлап, көркемдеп, мақалдатып сөйлеу.*

**ТҰЗДЫҚТАЛ=** ет. *Асқа тұздық құйылу.*

**ТҰЗДЫҚТАЛУ** *Тұздықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДЫҚТАТ=** ет. *Асқа тұздық құйғызу.*

**ТҰЗДЫҚТАТУ** *Тұздықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДЫҚТАУ** *Тұздықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗДЫҚТЫ** сын. **1.** *Тұздық қосылған.* **2.** ауыс. *Тоқ етері бар, сазды, мәнді (сөйлеу).*

**ТҰЗДЫҚШЫ** зат. жерг. *Қара шегіртке.*

**ТҰЗДЫЛЫҚ** зат. *Тұзы көптік, ащылық.*

**ТҰЗКЕСЕЛ** зат. сөйл. *Денесі түршігіп, қалшылдайтын ауру.*

**ТҰЗҚҰРТ** зат. жерг. *Қарынға салып кептірген сүзбе.*

**ТҰЗСЫЗ** сын. *Тұз салынбаған, тұзы жоқ.*

**ТҰЗСЫЗДАНДЫРУ=** ет. экол. *Ауыз суды, технологиялық немесе салқындатқыш суды пайдалану үшін тұздан арылту.*

**ТҰЗСЫЗДЫҚ** зат. *Тұзы жоқтық, тұз жетіспегендік.*

**ТҰЗСЫРА=** ет. *Тұз жегісі келу, тұзды аңсау.*

**ТҰЗСЫРАУ** *Тұзсыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЗХАНА** зат. *Тұз сақтайтын үсті жабық орын, арнаулы бөлме.*

**ТҰЗШЫ** зат. *Тұз өндіретін өндірісте жұмыс істейтін адам.*

**ТҰЙҒЫН** зат. <лат. accipiter gentilis> **1.** *Қаз, үйрек т.б. аулап қоректенетін, лашын тұқымдас жыртқыш құс.* **2.** ауыс. *Қызуқанды, алғыр, қайсар (кісі).*

**ТҰЙҒЫНДАЙ** сын. *Тұйғын секілді қырағы, алғыр.*

**ТҰЙҒЫНША** үст. *Тұйғын тәрізді, қыранша.*

**ТҰЙЫҚ**[1] сын. **1.** *Шығар жақ беті жабық, бітеу.* **2.** *Киіздің, арқан-жіптің т.б. бүктелген, қайырылған жері .* **3.** ауыс. *Ашылып сөйлемейтін бұйығы, аз сөзді.*

**Тұйық алап.** *Тұйық аймақтардағы көл немесе өзен алаптары.* **Тұйық буын.** лингв. *Дауыстыдан басталып, дауыссызға келіп біткен буын.* **Тұйық валюта.** экон. *Айырбасталмайтын валюта.* **Тұйық етістік.** лингв. *Семантикалық жағынан қимыл, іс-әрекетті білдірмей, соның аты, атауы ретінде қолданылып, грамматикалық сипаты жағынан етістік тұлғаларына тән модальдық мағынаны да, шақтық мағынаны да білдірмей, тек зат есімдерше түрленетін етістіктің ерекше түрі.* **Тұйыққа тірелді.** *Шарасы таусылды, амалы құрыды.* **Тұйық мінез.** *Бұйығы, көп ашыла бермейтін, дұңк етпе мінез.* **Тұйық тартты.** *Сөйлеуден қашып, бұйығыланды.*

**ТҰЙЫҚ**[2] зат. әдеб. *Классикалық түркі тілдес поэзиядағы өлең өрнегі.*

**ТҰЙЫҚСЫЗДЫҚ** зат. инф. *Тұйықталу жағдайын болдырмауға кепілдік беретін әрі параллель орындалатын бағдарлама қасиеті.*

**ТҰЙЫҚТА=** ет. *Көрпе не киімнің шетін қайырып қымтау.*

**ТҰЙЫҚТАЛ=** ет. **1.** *Көрпе не киімнің шетінің қайырылып, қымталуы.* **2.** *Біту, аяқ шеніне жету.* **3.** ауыс. *Тұжырымдалу, орындалу.*

**Тұйықталған арқанды тартысу.** зат. этн. *Ойыншылардың дене күші, шыдамдылығы сыналатын ұлттық ойын түрі [Ойыншылар тұйықталған арқанды мойындарына іле, қолтықтарынын астынан өткізе екі жаққа қарай бар шамаларымен тартады. Кім кімді сүйреп, ортадағы белгіден шығарса, сол жеңімпаз атанады].*

**ТҰЙЫҚТАЛУ** *Тұйықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЙЫҚТАН=** ет. *Ешкімге сыр ашпау, бұйығылану.*

**ТҰЙЫҚТАНУ** *Тұйықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЙЫҚТАТ=** ет. *Тұйық қылдыру, тұжырымдату.*

**ТҰЙЫҚТАТУ** *Тұйықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЙЫҚТАУ**[1] *Тұйықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЙЫҚТАУ**[2] сын. *Ақжарқын, ашық емес, тұйығырақ.*

**ТҰЙЫҚТЫҚ** зат. *Тұйық мінезділік, бұйығылық.*

**ТҰҚАБА** зат. жерг. *Пүліш мата.*

**ТҰҚАЙ** зат. *Қой-ешкі тұяғы.*

**ТҰҚАШ** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТҰҚИ=** ет. *Басын тұқырайтып төмен салу, еңсесі түсу.*

**ТҰҚИТ=** ет. *Еңсені түсіру.*

**ТҰҚИТУ** *Тұқит етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚИЮ** *Тұқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚШИ=** ет. *Тұқию, тұқыраю.*

**ТҰҚШИЮ** *Тұқши етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚШЫҢДА=** ет. *Тұқшың-тұқшың ету, еңкеңдеу.*

**ТҰҚШЫҢДАУ** *Тұқшыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫ** зат. зоол. <лат. cyprinus carpio> *Сазан балықтың тоған суларында өсірілетін қабыршақты не қабыршақсыз түрі.*

**ТҰҚЫЛ**[1] зат. *Темекі, тарақ т.с.с. нәрсенің түбіртегі, қалдығы.*

**ТҰҚЫЛ**[2] сын. *Қысқа, мұқыл (мүйіз).*

**ТҰҚЫЛАР** зат. зоол. <лат. cyprinidae> *Тұқытәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**ТҰҚЫЛДА=** ет. *Тұқыл ету, тегіс қыру, сыпыру.*

**ТҰҚЫЛДАН=** ет. *Тұқыл етілу, қырылу, сыпырылу.*

**ТҰҚЫЛДАНУ** *Тұқылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫЛДАУ** *Тұқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫЛДЫҚ** зат. *Сиыр мүйізінің шекеге тақау түбі.*

**ТҰҚЫМ**[1] зат. <лат. semen> **1.** *Әртүрлі дақылдар мен өсімдіктердің өсіп-өну, көбею негізі; дән, ұрық.* **2.** *Малдың, түліктің белгілі, асыл тегі.* **3.** ауыс. *Үрім-бұтақ, ұрпақ, бала.* **4.** *Ата-тек, ру.* **5.** *Үрім-бұтақ, тумыс, қан.*

**Тұқым дәрілеу.** егіншар. *Себілетін (отырғызылатын) материалды ішкі және сыртқы өсімдік ауруларынан, егістікке себілген тұқымды және көктеп шыққан өскінді топырақ зиянкестері мен ауру таратушы микроорганизмдерден қорғау үшін химиялық заттармен зарарсыздандыру.* **Тұқым қуалады.** биол. *Ағзаның өзіндік белгілері мен даму ерекшеліктері кейінгі ұрпаққа өтті, жалғасты.* **Тұқым қуалайды.** *Үрім-бұтағына ауысып отырады, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.* **Тұқым қуалайтын аурулар.** мед. *Ата-аналарынан ұрпақтарына берілетін аурулар.* **Тұқымына жетті.** *Өте ұзаққа созылды, балаға мирас боды.* **Тұқымын құртты.** *Түк қалдырмай жойды, қырып жіберді.* **Тұқымын түздай құртты.** *Тып-типыл етті, көзін жойды; түбіне жетті.* **Тұқымың құрғыр [құрысын]!** қарғ. *Үрім-бұтағың жойылсын, ұрпағың өспесін, басың кемісін!* **Тұқымың түптесін, қатынның жүктесін!** *«Тұқымың түптесін» деген «ұбірлі-шұбірлі бол» деген мағынада қолданылады [Бұл фразалар құрдас, замандас кісілердің әзілі ретінде айтылады].*

**ТҰҚЫМ**[2] зат. жерг. ***Жұмыртқа.***

**ТҰҚЫМБАҚ** зат. жаңа. *Көшеттерді отырғызғанға дейін тұқымынан өсіретін орын.*

**ТҰҚЫМДАЙ** үст. *Тұқым күйінде, ұрық түрінде.*

**ТҰҚЫМДАС**[1] сын. **1.** зоол. *Жануарлардың, малдың бір тектен тарағаны, тұқымының бірі.* **2.** *Ата-тегі бір, бір тектен тараған (халық, ұлт).* **3.** *Ұқсас, ыңғайлас.*

**ТҰҚЫМДАС**[2] зат. биол. <лат. familia> *Биологиялық жүйеленімдегі таксономиялық категория.*

**ТҰҚЫМДЫ**: **асыл тұқымды.** *Еті, жүні бірдей сапалы, жақсартылған будан.*

**ТҰҚЫМДЫҚ** сын. *Тұқымға арнап сақталған, ұрық боларлық.*

**ТҰҚЫМ-ЖҰРАҒАТ** зат. *Туған-туыс, ағайын-тума.*

**ТҰҚЫМ-ЖҰРАҒАТСЫЗ** сын. *Ұрықсыз, баласыз.*

**ТҰҚЫМ-ЖҰРАТ** зат. ***Тұқым-жұрағат.***

**ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚ** зат. биол. *Ағза құрылысындағы өзіндік белгілері мен олардың даму ерекшеліктерінің кейінгі ұрпаққа өту, жалғасу заңдылығы.*

**ТҰҚЫМСАҒАҚ** зат. бот. *Тұқым орналасатын өсімдіктің бөлігі.*

**ТҰҚЫМСЕПКІШ** зат. *Егіндікке тұқым шашатын құрал.*

**ТҰҚЫМСЫЗ** сын. *Тұқым қалмаған, ұрпақсыз.*

**ТҰҚЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Тұқымы жоқтық, ұрпақсыздық.*

**ТҰҚЫМ-ТҰҚИЯН** зат. этн. *Ата-бабаның арғы тегі мен олардың бастау алған түп негізінің кейінгі буын ұрпаққа, оның ұрім-бұтақ, зәузатына туыстық қатысы*

**ТҰҚЫМ-ТҰЯҚ** зат. *Үрім-бұтақ.*

**Тұқым-тұяғынан түк қалдырмай [түқ-тұқиянын қалдырмай] боқтады.** *Үрім-бұтағының бәрін балағаттады.* **Тұқым-тұяғын түк қалдырмай.** *Үрім-бұтағының бәрін, түгел.*

**ТҰҚЫМШЫ** зат. *Тұқым себуші.*

**ТҰҚЫР=** ет. **1.** *Малды бас жібімен қазыққа қысқа ғып бекіту, басын жоғары көтере алмастай етіп байлау.* **2.** *Басын төмен салып, мойнын ішке алу.* **3.** ауыс. *Тыйып тастау, басу.*

**ТҰҚЫРАЙ=** ет. *Басын төмен салу, тұқшию.*

**ТҰҚЫРАЙТ=** ет *Басын төмен салғызу, тұқшиту.*

**ТҰҚЫРАЙТУ** *Тұқырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРАЙЫС=** ет. *Бастарын төмен салысу, тұқшиысу.*

**ТҰҚЫРАЙЫСУ** *Тұқырайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРАҢДА=** ет. *Қыңжыңдау, тұрпаңдау.*

**ТҰҚЫРАҢДАУ** *Тұқыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРАЮ** *Тұқырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРТ=** ет. *Басын төмен салғызып, тұқырайту.*

**ТҰҚЫРТЫЛ=** ет. *Басы төмен салынып тұқырайтылу.*

**ТҰҚЫРТЫЛУ** *Тұқыртыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРТУ** *Тұқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРТЫҢҚЫРА=** ет. *Тұқырта түсіңкіреу, басын идіріңкіреу.*

**ТҰҚЫРТЫҢҚЫРАУ** *Тұқыртыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРУ** *Тұқыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРУЛЫ** сын. *Басы төмен салулы, тұқшиған.*

**ТҰҚЫРЫЛ=** ет. *Басы төмен салынып тұқыртылу.*

**ТҰҚЫРЫЛУ** *Тұқырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫРЫН=** ет. *Басын төмен салып, мойнын ішке алу.*

**ТҰҚЫРЫНУ** *Тұқырын етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҚЫТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. cypriniformes> *Нағыз сүйекті балықтар отряды.*

**ТҰЛ** сын. **1.** *Отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір (әйел).* **2.** ауыс. *Бас иесіз, еркексіз.* **3.** ауыс. *Жалғыз.* **4.** ауыс. *Бекер, бос, түк емес.*

**Тұл етті.** *Жесір қалдырды, қорлады.* **Тұл қалды.** *Жесір қалды.* **Тұл қатын [әйел].** *Жесір қалған әйел.*

**ТҰЛА**: **тұла бой.** *Өн бой, бүкіл дене.* **Тұла бойы.** *Бүкіл дене, он екі мүшесі түгелімен.* **Тұла бойы алып ұшты.** *Қуанышқа кенелді, қатты қуанды.* **Тұла бойы ду етті.** *Өн бойынан бірдеме жүгіріп өткендей болды, тұла бойы дыз етті.* **Тұла бойы иіді.** *Мейірі түсті, жүйкесі босады, еміренді.* **Тұла бойы қалтырап кетті.** а) *Қатты қорықты, жаны түршікті.* ә) *Жаурап кетті, мұздады.* **Тұла бойын ерітті.** *Тебірентті, көңілін толқыныс күйге бөлентті.* **Тұла бойын жылып жеді.** *Қышынды, қасынды.* **Тұла бойы тұңғышы.** *Бірінші көрген перзенті.* **Тұла бойы шымырлады.** а) *Денесі тітіркенді, түршікті.* ә) *Ойға түсті, ой тұңғиығына батты, шырмалды.*

**ТҰЛАН: тұлан тұтты.** *Бұлқан-талқан ашуға басты, қатты долданды.*

**ТҰЛҒА**[1] зат. **1.** *Адамның дене бітімі, пішіні.* **2.** ауыс. *Қорғаныш, сүйеніш.*

**ТҰЛҒА**[2] зат. **1.** *Белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат.* **2.** фил. әдеб. *Жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.*

**Тұлға болды.** *Қорғаныш, сүйеніш, тірек болды.*

**ТҰЛҒАЛАН=** ет. *Келбет-кескіні айқындалу, пошым-бітімі ірілену.*

**ТҰЛҒАЛАНДЫР=** ет. *Келбет-кескінін айқындау, пошым-бітімін ірілендіру.*

**ТҰЛҒАЛАНДЫРУ** *Тұлғаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЛҒАЛАНУ** *Тұлғалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЛҒАЛАС** сын. *Кескіндес, ұқсас, пішіндес.*

**ТҰЛҒАЛЫ** сын. *Тұлғасы келіскен, тұрпатты.*

**ТҰЛҒАЛЫҚ** сын. *Тұлға боларлық.*

**ТҰЛҒА-ТҰРПАТ** зат. *Сырт құрылым, кескін-келбет, пошым.*

**ТҰЛДА=** ет. этн. *Ел қорғаған батыр, қадірлі азамат өлгенде істелетін, шаңыраққа қара ту байлап, мінген атын күзеу салты.*

**ТҰЛДАН=** ет. **1.** *Бұлқан-талқан болу, міндетсіну, ашулану.* **2.** этн. *Әйелдің өлген күйеуін еске алып қайғыруы.* **3.** ауыс. *Қаһарына міну, айбаттану.*

**ТҰЛДАНУ** *Тұлдан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЛДАУ**[1] зат. этн. *Ата-баба дәстүріндегі арысы, азаматы, ардагері дүние салған шаңырақ бір жылға дейін қайғырып, қимасын жоқтап, іздеуі; азамат мінген аттың құйрығын күзеп, тұл жіберу салты [Осы жыл бұл шаңырақ үшін той-томалақ, ойын-сауық өткізуге болмайтын азалы жыл болып саналады].*

**ТҰЛДАУ**[2] *Тұлда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЛДЫҚ** зат. *Тұл болып қалушылық, жесірлік.*

**ТҰЛДЫР** зат. **1.** *Жоққа тән болмашы зат, соңғы талшық.* **2.** ауыс. *Жалаңаш, тақыр.*

**Тұлдыр да жоқ.** *Жып-жылмағай, түк те жоқ.* **Тұлдыр жетім.** *Ата-ана, бауыр-туыстан түгел айырылған, жалғыз бас; тас жетім.* **Тұлдыр қалды.** *Әке-шешеден бірдей айырылды, жалғыз қалды.* **Тұлдыр сөз.** *Бос сөз, бос әңгіме.*

**ТҰЛДЫРЛЫҚ** зат. *Жоқтық, жалғыздық.*

**ТҰЛДЫРСЫЗ** сын. *Еш нәрсе жоқ, тап-тақыр.*

**ТҰЛПАР** зат. **1.** *Ұзақ сапар, ауыр шайқастарда батырлар мінген асқан жүйрік, әрі белді ат; дүлдүл; асыл тұқымды жүйрік ат.* **2.** ауыс. *Алдына жан салмас, білімді, озық кісі, көшбасы.*

**Тұлпар ат.** *Асқан жүйрік, дүлдүл ат.* **Тұлпар мүддеге толды.** *Тұлпар бабына келді, жаратуы жетті.* **Тұлпар туар жүйріктен.** *Әр нәрсе негізіне тартады деген мағынада.*

**ТҰЛПАРДАЙ** сын. *Тұлпар сияқты, бәйге атындай.*

**ТҰЛПАРЛЫҚ** сын. *Тұлпарға тән, лайық.*

**ТҰЛПАРША** үст. *Тұлпар тәрізді.*

**ТҰЛЫҚТАС** зат. көне. *Атқа жегіп астық бастыратын, ұзындығы 1 метрдей, жұмыр сүйретпе тас, тұлық.*

**ТҰЛЫМ** зат. **1.** *Жас балалардың шекесіне, шүйдесіне қойылатын ойма шаш, тұлымшақ.* **2.** *Қыз баланың өруге келмейтін қысқа шашы.*

**Тұлым тойы.** этн. *Жас балаға көз тимеу тілегімен қойған тұлымды бала есейе келе ел ішінде қадірі асқан, мәртебелі кісіге кестіріп, ел батасын алатын той.*

**ТҰЛЫМДЫ** сын. *Тұлымы бар, тұлымшақты.*

**ТҰЛЫМШАҚ** зат. *Қыз баланың өруге келмейтін қысқа шашы, тұлымы.*

**ТҰЛЫМШАҚТЫ** сын. *Кішкентай тұлымшағы бар, тұлымды.*

**ТҰЛЫП**[1] зат. *Әртүрлі аң, мал терілерінен тігілген сырт киім, ішік.*

**ТҰЛЫП**[2] зат. *Жас төлі өлген малды алдырқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері.*

**Тұлыпқа мөңіреген сиырдай.** *Бос алданып, көңіл жұбанышына сену, алданыш ету, жұбану.* **Тұлыпқа мөңіреді.** *Босқа алданды, жоққа жұбаныш етті.*

**ТҰЛЫП**[3] зат. спорт. *Кейбір спорт түрлерінде жаттығулар өткізу үшін адам бейнесінде жасалған қуыршақ.*

**ТҰЛЫП**[4] зат. жерг. *Ешкі терісінен істелген үлкен ыдыс.*

**ТҰЛЫП**[5] зат. жерг. *Пейіл, ниет.*

**ТҰЛЫПТАЙ** сын. *Жұп-жуан, кубідей.*

**ТҰЛЫПТЫ** сын. *Үстінде тұлыбы бар, ішікті.*

**ТҰМА** зат. *Өзен аңғары, жыра, сай беткейлерінен шығатын кішірек бастау.*

**ТҰМАҚ** зат. сөйл. ***Тымақ.***

**Тұмақ құрлы көрмеді.** *Менсінбеді, ауырсынбады, ауырлығын білмеді.*

**ТҰМАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Тымақтай.***

**Тұмақтай ұшырды.** *Жалп еткізді, ұрып құлатты.*

**ТҰМАҚТЫҚ** сын. *Бір тұмаққа жететін.*

**ТҰМАН** зат. **1.** *Атмосфераның жерге таяу қабатына ұсақ су тамшыларынан немесе мұз кристалдарынан жиналған бұлдыр ауа.* **2.** ауыс. *Болашағы жоқ, күңгірт, белгісіздік.* **3.** ауыс. *Қиындық, қайғы-қасірет.*

**Тұман басты [түсті].** *Айналаны, төңіректі тұман қаптады, көрсетпеді.* **Тұман ашылды.** *Тұман сейілді, тарқады.*

**ТҰМАНДА=** ет. **1.***Тұман түсу, бұлт басу.* **2.** ауыс. *Белгісіз болу, күңгірттену.*

**ТҰМАНДАЛ=** ет. *Тұман басу, көрсетпеу.*

**ТҰМАНДАЛУ** *Тұмандал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАНДАН=** ет. *Тұман түсу, тұман басу.*

**ТҰМАНДАНДЫР=** ет. *Тұман түсіру, тұман басқызу.*

**ТҰМАНДАНДЫРУ** *Тұмандандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАНДАНУ** *Тұмандан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАНДАТ=** ет. *Тұман бастыру, тұман түсірту.*

**ТҰМАНДАТУ** *Тұмандат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАНДАУ** *Тұманда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАНДЫ** сын. **1.** *Тұман түскен, тұман басқан.* **2.** ауыс. *Күңгірт, айқын емес.*

**ТҰМАНДЫҚ** зат. астр. *Галактика кеңістіктеріндегі сиретілген газ бен тозаң «бұлттары», шоғырлары.*

**ТҰМАНТ=** ет. *Бұлыңғыр тарту, тұмандану.*

**ТҰМАНША** үст. *Тұман секілді, тұман тәрізді.*

**ТҰМАР** зат. этн. **1.** *Жас бала не жаңа туған төлді, жүйрік атты тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғыммен ішіне Құран сөзі жазылған, үш бұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз.* **2.** ауыс. *Ең қастерлі, киелі зат.*

**Тұмар жүзді.** *Әдемі, шырайлы.* **Тұмар мойын.** *Әдемі мойын (ат мойнына қатысты).*

**ТҰМАРЛА=** ет. *Тұмар тағу, қастерлеу.*

**ТҰМАРЛАТ=** ет. **1.** *Тұмар таққызу.* **2.** ауыс. *Қастерлету.*

**ТҰМАРЛАТУ** *Тұмарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАРЛАУ** *Тұмарла етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАРЛЫ**[1] сын. **1.** *Тұмар тағылған, тұмары бар.* **2.** ауыс. *Қасиетті, киелі.*

**ТҰМАРЛЫҚ** сын. *Тұмар боларлық, тұмарға лайық.*

**ТҰМАРША** зат. *Кішкене тұмар.*

**Тұмарша қалып.** *Шолпыға үш бұрышты өрмек түсіретін қалып.* **Тұмарша тігіс.** қолөнер. *Орамалдың шетін жинап тігуге қолданылатын тігіс түрі.*

**ТҰМАРШАЛА=** ет. *Тұмарша сияқтандыру, шаршылау.*

**ТҰМАРШАЛАУ** *Тұмаршала етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАРШӨП** зат. өс. *Жемісінің үшбұрышты тұмарға ұқсастығына байланысты халық тілінде кейде осылай да аталына беретін жұмыршақ өсімдігі.*

**ТҰМАУ** зат. мед. <лат. grippus> *Тыныс алу органдарының жұқпалы вирустық ауруы.*

**Тұмау тиді.** *Салқын тиіп ауырды, тұмауратып қалды.*

**ТҰМАУРАТ=** ет. *Суық тиіп ауыру, тұмау жұқтыру, түшкіру, жөтелу.*

**ТҰМАУРАТҚЫШ** сын. *Тұмау тигіш, тұмаурата беретін.*

**ТҰМАУРАТУ** *Тұмаурат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАУРАТЫҢҚЫРА=** ет. *Тұмаумен ауырыңқырап жүру, денсаулығы болыңқырамау.*

**ТҰМАУРАТЫҢҚЫРАУ** *Тұмауратыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМАУ-СҰМАУ** зат. *Тұмауды жеңіл-желпі ауру көруде айтылатын сөз.*

**ТҰМБА** зат. вет. *Буаз биенің құлындар алдындағы артынан білінетін құлын тынысы.*

**ТҰМЖЫР** зат. саят. *Қыран құстың түрі.*

**ТҰМСА** зат. **1.** *Алғаш рет босанайын деп отырған жас әйел.* **2.** *Тұңғыш төлдейтін мал.*

**Тұмса бие.** *Тұңғыш құлындайтын немесе тұңғыш құлындаған 3-4 жастағы бие.* **Тұмса құлық.** *Үш немесе төрт жасқа дейін айғырдан шықса да құлындамай жүрген бие.*

**ТҰМСАЛЫҚ** зат. *Алғаш рет бала көтерушілік.*

**ТҰМСЫҚ** зат. **1.** *Жан-жануарлар мен адам баласының ауыз мен мұрнының орналасқан жері.* **2.** геог. *Тау етегінің, жонының айнала берісіндегі мүйіс немесе сүйірленбеген жағы, иіні.* **3.** *Аяқкиімнің ұшы, бас жағы.*

**Тұмсығы батпады.** *Кіре алмады.* **Тұмсығын бұзды.** а) *Аузы-мұрнын қан қылды, қол жұмсады, соққыға жықты.* ә) *Ұрыста жеңді, жауды талқандады.* **Тұмсығын көтерді.** *Тәкаппарланды, менсінбеді.* **Тұмсығы тасқа тиді [тұмсығын тасқа соқты].** *Жолы болмады, беті қайтты.*

**ТҰМСЫҚБАСТЫЛАР** зат. зоол. <лат. rhunchocephalia> *Лепидозаврлар класс тармағының бір отряды.*

**ТҰМСЫҚҚАП** зат. окказ. *Буды, шаңды өткізбейтін фильтрлі маска.*

**ТҰМСЫҚТА=** ет. *Тұмсығын салу, тұмсығымен жеу, тұмсығын пайдалану.*

**ТҰМСЫҚТАУ** сын. *Тұмсығы дөңестеу, имек мұрындылау.*

**ТҰМСЫҚТАУ** *Тұмсықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМСЫҚТЫ** сын. *Тұмсығы шығыңқы, тұмсығы бар.*

**ТҰМСЫҚТЫЛАУ** сын. *Тұмсығы ұзындау.*

**ТҰМСЫҚША** зат. *Таудың не биіктеу жоталардың жазықтыққа сұғынып тұрған тұсы.*

**ТҰМША**[1] зат. экол. *Қалың тұман тамшылары мен тозаңды бөлшектерінің үйлесуімен сипатталатын қауіпті ауа.*

**ТҰМША**[2] зат. спорт. *Жылқының екі көзін қапталынан жауып, тек қана алдына қарап отыруды қамтамасыз ететін жабдық.*

**ТҰМШАЛА=** ет. **1.** *Басын, бет-аузын тегіс бүркеу, орау; аузы-мұрнын жауып, байлап алу.* **2.** ауыс. *Қалқалау, күңгірт тарту.*

**ТҰМШАЛАН=** ет. *Бет-аузын, басын бүркену, орану.*

**ТҰМШАЛАНУ** *Тұмшалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМШАЛАТ=** ет. *Бет-аузын жауып, көрсетпеу, орау.*

**ТҰМШАЛАУ** *Тұмшала етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМШАЛАУЛЫ** сын. *Тұмшалап жауып тұрған, бүркеулі.*

**ТҰМШАЛЫ** сын. *Бас-аяғы жабулы, бүркеулі, оралған.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚ** зат. **1.** *Енесін ембеу үшін төлдің, сондай-ақ кісіні қаппау үшін иттің тұмсығына кигізілетін киіз немесе былғарыдан жасалған тұмсыққап.* **2.** *Дәрігерлер мен шаң-тозаңда жұмыс істейтін адамдардың тазалық сақтау үшін жасаған, аузы-мұрнын қалқалайтын дәкесі.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚТА=** ет. *Тұмылдырық кигізу; тұмсығын байлап тастау.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚТАЛ=** ет. *Тұмылдырық кигізілу.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚТАЛУ** *Тұмылдырықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚТАУ** *Тұмылдырықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰМЫЛДЫРЫҚТАУЛЫ** сын. *Тұмылдырық кигізілген, тұмсығы бекітілген.*

**ТҰМЫР** зат. өс. *Иісі өткірлеу, дәмі ащылау, тамыр жемісті бақшалық өсімдік.*

**ТҰН=** ет. **1.** *Су не сол сияқты лайланған сұйық заттардың тыныш күйде тұрып тазаруы, мөлдір түске енуі.* **2.** ауыс. *Көңілге алу, ішке жиналу.* **3.** ауыс. *Қалың боп, қаптай өсу, толып кету.*

**Тұнып тұр.** а) *Өте қалың, бітік өскен.* ә) *Көп ұшырасады, көп кездеседі.* **Тұнып тұрған.** *Қалың, бітік өскен.*

**ТҰНБА** зат. **1.** *Сұйық заттың түбіне түскен қойыртпағы; шөгінді.* **2.** *Шөптің т.б. заттардың қайнатылып тұндырылған сұйығы, сұйық астың тұнып қалған тұнығы.*

**Тұнба кен орындары.** кен. *Таужыныстарының қалыптасуы кезінде пайда болған кен шоғырлары.***Тұнба өткел.** *Өзеннің таяз әрі тұнық, тасты жері.*

**ТҰНҒЫЗ=** ет. **1.** *Су не сол сияқты сұйық заттарды біраз уақыт тыныш күйде қойып, тазарту.* **2.** *Тыныш күйде тұрған сұйықтықтан бөлінген қиыршық заттарды астыңғы жағына шөктіру.* **3.** ауыс. *Сақтау, қатыру.*

**ТҰНҒЫЗУ** *Тұнғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНДЫР=** ет. **1.** *Су не сол сияқты сұйық заттарды біраз уақыт тыныш күйде қойып, тазарту.* **2.** *Тыныш күйде тұрған сұйықтықтан бөлінген қиыршық заттарды астыңғы жағына шөктіру.*

**ТҰНДЫРҒЫШ** зат. **1.** *Сұйықтарды сүзіп, тазалап, тұндырып тұратын арнайы орын.* **2.** хим. *Газ бен сұйық күйіндегі қоспаларды тұндырып бөлетін құрылғы.*

**ТҰНДЫРМА** зат. *Емдік қасиеті бар шөп, жеміс кептірінділеріне қайнақ су, спирт қосып дайындалатын тұнба.*

**ТҰНДЫРУ** *Тұндыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНДЫРЫЛ=** ет. *Су не сол сияқты сұйық заттардың тыныш күйде біраз уақыт тұрып тазартылуы, қиыршық заттардың түбіне шөктірілуі.*

**ТҰНДЫРЫЛУ** *Тұндырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЖЫР**[1] зат. *Қаршығаның ұрғашысы.*

**ТҰНЖЫР**[2] сын. *Қабағы салыңқы, тұнжыраған.*

**ТҰНЖЫРА=** ет. **1.** *Қабақ ашпау, түнеру.* **2.** ауыс. *Аспанды бұлт торлау, жауарман болу.*

**ТҰНЖЫРАҢҚЫ** сын. *Қабағы салыңқы, кірбің; ашулы.*

**ТҰНЖЫРАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Қабағы салыңқылық, реніштілік.*

**ТҰНЖЫРАС=** ет. *Түнерісу, еңселері түсу.*

**ТҰНЖЫРАСУ** *Тұнжырас етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЖЫРАТ=** ет. *Түнерту, қабағын ашпау.*

**ТҰНЖЫРАТУ** *Тұнжырат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЖЫРАУ** *Тұнжыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЖЫРАУЛЫ** сын. *Қабағы түсіңкі, қатулы.*

**ТҰНЖЫРЛЫҚ** зат. *Тұнжырап қалғандық, жабыңқылық.*

**ТҰНУ** *Тұн етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНШЫҒУ** *Тұншық етістігінің қимыл атауы. Ауа жетпеу, дем ала алмай қалу.* // мед.

<грек. asphyxia> *Қанда оттек жетіспеушілігінен көмірқышқыл газының көбеюінен болатын адам өміріне қауіпті патологиялық жағдай.*

**ТҰНШЫҚ=** ет. **1.** *Дем алуы қиындап кету, тынысы тарылу, шаң, түтін т.с.с. ауа жетпеу.* **2.** ауыс. *Құру, жоқ болу.*

**ТҰНШЫҚПА** зат. *Адамның дем алысын қиындатып, тынысын тарылтатын ауру.*

**ТҰНШЫҚТЫР=** ет. **1.** *Тынысын тарылту, ауыз-мұрнын басып, дем алдырмау.* **2.** *Суға батыру.* **3.** ауыс. *Мүмкіндік бермеу, басып тастау, жанбай жатып сөндіру.*

**ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ** сын. *Тұншықтыратын қасиеті бар, тұншықтыра алатын.*

**ТҰНШЫҚТЫРТ=** ет. *Аузы-мұрнын басып, дем алғызбай қинау, тынысын тарылту.*

**ТҰНШЫҚТЫРТУ** *Тұншықтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНШЫҚТЫРУ** *Тұншықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНШЫҚТЫРУШЫ** зат. *Жоқ қылатын, кедергі, тосқауыл болатын адам.*

**ТҰНШЫҚТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Аузы-мұрны бітеліп, тынысы тарылу, дем, ауа жетпеу.* **2.** ауыс. *Басылу, басып-жаншылу.*

**ТҰНШЫҚТЫРЫЛУ** *Тұншықтырыл етістігінің қимыл атауы; басылу, басып-жаншылу.*

**ТҰНШЫҚШӨП** зат. бот. *Аюқұлақтың бір түрі; шығыс аюқұлағы.*

**ТҰНЫҚ** сын. **1.** *Тұнған, таза мөлдір (су).* **2.** *Ашық, бұлтсыз (аспан).* **3.** *Мөлдір, лай емес (су).* **4.** ауыс. *Таза, пәк, арамдығы жоқ, жамандығы жоқ.*

**Тұнығын лайлады.** *Тыныштығын бұзды, бүлдірді.* **Тұнық ауа.** *Мөлдір, таза ауа.*

**ТҰНЫҚТАЛ=** ет. *Тұп-тұнық болу.*

**ТҰНЫҚТАЛУ** *Тұнықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЫҚТАН=** ет. **1.** *Тұп-тұнық болу, мөлдірлену, басылу (су).* **2.** *Тазару, шаңнан арылу, жел басылу (ауа).*

**ТҰНЫҚТАНУ** *Тұнықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰНЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Мөлдірлік (су).* **2.** *Ауаның тазалығы, маңайдың тыныштығы.*

**ТҰҢҒИЫҚ** сын. **1.** *Түпсіз терең, өте терең (су иірімі).* **2.** ауыс. *Тереңде, көңіл түкпірінде жатқан (сезім, ой).* **3.** ауыс. *Сырын шашпайтын, тұйық (адам).*

**Тұңғиыққа батты.** *Ойға шомды, өзімен-өзі болып, қатты ойланды.* **Тұңғиыққа батырды.** а) *Құрдымға кетірді, қарасын өшірді, жойды.* ә) *Терең ойға шомдырды, ой түбіне жеткізбеді.* **Тұңғиық мөлдір иірім.** поэт. *Түпсіз терең, үлкен, суы мөлдір көл.*

**ТҰҢҒИЫҚГҮЛ** зат. өс. <лат. nymphaea> *Қазақстанның баяу ағатын барлық су аймақтарында өсетін, тамырлары суда бекіп, жапырақтары су бетінде қалқып тұратын, түстері ақ, сары, қызғылт болып келетін көпжылдық су өсімдігі.*

**ТҰҢҒИЫҚТАН=** ет. *Тұңғиық тарту, көзі шүңірею.*

**ТҰҢҒИЫҚТАНДЫР=** ет. *Тұңғиық тартқызу.*

**ТҰҢҒИЫҚТАНДЫРУ** *Тұңғиықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҢҒИЫҚТАНУ** *Тұңғиықтан етістігінің қимыл атауы*

**ТҰҢҒИЫҚТАР: тұңғиықтар тұқымдасы.** бот. <лат. nymphaeceae> *Көпжылдық, қосжарнақты өсімдіктер.*

**ТҰҢҒЫС** зат. *Эвенктердің бұрынғы аты.*

**ТҰҢҒЫС-МАНЬЧЖУР: тұңғыс-маньчжур тілдері.** лингв. *Ежелден Шығыс Маньчжур, Сібір мен Қиыр Шығысты мекендеген халықтар тілі.*

**ТҰҢҒЫШ** сын. *Ең алғаш, бірінші. // Алғаш көрген баласы, баланың ең үлкені.*

**Тұңғыш немере.** *Ата-ананың ұлдарынан бірінші болып туған бала.*

**ТҰПА-ТУРА** үст. сөйл. ***Тұп-тура.***

**ТҰПАДАН-ТУРА** үст. сөйл. ***Тұп-тура.***

**ТҰП-ТУРА** үст. *Төтесінен, дәл, тура; әй-шәйға қарамай.*

**ТҰП-ТҰҚЫЛ** үст. *Әбден тұқылдап, қыпқысқа, жоқ қылып.*

**ТҰП-ТҰЛДЫР** сын. **1.** *Тұгі жоқ, сып-сидам.* **2.** *Жесір, тасжетім.*

**ТҰП-ТҰНЫҚ** сын. **1.** *Тұнып тұрған таза, мөлдір.* **2.** ауыс. *Пәк, бейкүнә.*

**ТҰП-ТҰТАС** сын. **1.** *Әбден тұтасып кеткен.* **2.** *Тұгі қалмай, барлығы, түгел.*

**ТҰР=** ет. **1.** *Аяғын тік басып, бір орында болу.* **2.** *Отырған орнынан көтерілу.* **3.** *Белгілі бір жерді мекендеу, өмір сүру; болу.* **4.** *Ұйқыдан оянып, төсегінен басын көтеру.* **5.** *Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп, тұзілу, жасалу, құралу мағыналарын білдіреді.* **6.** *Кейбір сөздермен тіркесе айтылып орналасу, жайласу мағынасын білдіреді.* **7.** *Күрделі етістік құрамында жұмсалып, осы, нақ осы шақтағы істің күйін, жайын білдіреді.* **8.** *Бөгелу, тоқтау, кідіру.* **9.** *Болу, бар болу.* **10.** *Қозғалысты тоқтатуға берілетін пәрмен.*

**Тұра қашты.** а) *Бірден қаша жөнелді.* ә) *Безіп кетті, алды-артына қарамады.* **Тұра тұр, бәлем.** сөйл. экспр. *Осыдан қара да тұр, әлі көресіні көресің деген мағынада.*

**ТҰРА**[1] зат. малшар. *Көп жүргендіктен жылқы тұяғының табан жағында пайда болатын тіл сияқты қатты шеміршек.*

**ТҰРА**[2]: **ұзын тұра**. *Бойы ұзын, бойшаң, сырықтай.*

**ТҰРАҚ** зат. *Тұратын жай, мекен, орын.*

**Тұрағы жоқ.** *Тұрақсыз, бір орында тұрмайтын.* **Тұрағын жұмақтан жазсын!** діни. *Қайырлы болсын, о дүниеде жаны жайлы болсын!*

**ТҰРАҚЖАЙ** зат. *Автотұрақ, автокөліктерді қоюға болатын, күзеті бар орын.*

**ТҰРАҚСЫЗ** сын. **1.** *Бір орында тұрмайтын, тұрағы жоқ.* **2.** ауыс. *Тұрақты емес, айнымалы, екісөзді, тиянақсыз, берекесіз, орнықсыз; баянсыз.* **3.** ауыс. *Байлауы жоқ, баянсыз (дүние, өмір).* **4.** *Ұшқалақ, өзгере беретін, бірде көл, бірде шөл (мінез).*

**ТҰРАҚСЫЗДАН=** ет. *Біркелкі болмау, ұйқасы, ырғағы бұзылу.*

**ТҰРАҚСЫЗДАНДЫР=** ет. *Тиянақсыздандыру, орнықсыздандыру.*

**ТҰРАҚСЫЗДАНДЫРУ** *Тұрақсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАҚСЫЗДАНУ** *Тұрақсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАҚСЫЗДАУ** сын. *Тұрлаусыздау, баянсыздау.*

**ТҰРАҚСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Тұрлауы жоқтық, баянсыздық, жалғандық (дүние туралы).* **2.** *Сөзінде тұрмаушылық, екісөзділік; айнымалылық.*

**ТҰРАҚТА=** ет. *Бір орында орнығу, мекендеу, тұру, өмір сүру.*

**ТҰРАҚТАЛ=** ет. *Беку, қалыптану, тұрақты қалыпқа түсірілу.*

**ТҰРАҚТАЛУ** *Тұрақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАҚТАН=** ет. **1.** *Баянды болу, бірқалыпты болу.* **2.** *Орнығу, бірыңғайлану.*

**ТҰРАҚТАНДЫР=** ет. **1.** *Орнықтыру.* **2.** *Жаттату, есте сақтату.*

**ТҰРАҚТАНДЫРУ** *Тұрақтандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орнықтыру, өзге жаққа кетіп қалмайтындай жағдай жасау.* **2.** экон. *Экономиканы бірқалыпқа келтіру, қалпына түсіру.*

**Тұрақтандыру саясаты.** экон. *Экономиканың циклді ауытқуларының тігісін жатқызуға бағытталған мемлекеттік реттеу шараларының жиынтығы.*

**ТҰРАҚТАНДЫРУШЫ** сын. техн. *Тұрақты қалыпқа түсіретін.*

**ТҰРАҚТАНДЫРЫЛ=** ет. *Тұрақты етілу, бірқалыпқа түсірілу, орнықтырылу.*

**ТҰРАҚТАНДЫРЫЛУ** *Тұрақтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАҚТАНУ** *Тұрақтан етістігінің қимыл атауы; орнығу.*

**ТҰРАҚТАТ=** ет. **1.** *Тұрақты ету, бір орында ұстау, бірқалыпты ету.* **2.** *Орнықтыру.* **3.** ауыс. *Баянды ету, тұрақтау.*

**ТҰРАҚТАТУ** *Тұрақтат етістігінің қимыл атауы; орнықтыру, жергілікті ету.*

**ТҰРАҚТАУ** *Тұрақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орналасу, орнығу.* **2.** *Тоқтау, бір орында болу.*

**ТҰРАҚТЫ**[1] зат. мат. <лат. conctans> *Бағдарлама орындалу барысында тұрақты мәні сақталатын шама; математикалық сан.*

**ТҰРАҚТЫ**[2] сын. **1.** *Өзгермейтін, ауыспайтын, орнықты.* **2.** *Бірқалыпты, сындарлы.* **3.** *Сөзіне, уәдесіне берік.*

**Тұрақты армия.** *Мемлекеттің Қарулы күштерінің тұрақты әскери қолы.* **Тұрақты баға.** экон. *Шарт жасасу кезінде тараптардың келісімімен белгіленетін және осы шарттың қолданылуы кезеңінде өзгеріссіз қалатын келісімшарттық тиянақты баға.* **Тұрақты валенттік.** хим. *Өзгермейтін валенттік.* **Тұрақты валюта.** *Мемлекеттік ақша айналымындағы жиі қолданысқа түсетін валюта.* **Тұрақты генофонд.** биол. *Гендерінің жиілігі генотиптен фенотиптің қатынасын кейінгі ұрпақтарға бір күйде беріп, генетикалық тепе-теңдікті сақтайтын геннің жиынтығы.* **Тұрақты жад.** инф. <ағыл. read-only memory> *Үлгіқалыпты бағдарламаларды, өзгермейтін мәліметтерді және жүйелік ақпаратты энергиядан тәуелсіз сақтауға арналған жад.* **Тұрақты капитал.** экон. *Капиталдың өндіріс құрал-жабдығы түріндегі бөлігі: өндірістік ұймереттер, ғимараттар, жабдық, шикізат, отын, көмекші материалдар.* **Тұрақты конституция.** құқ. *Ұзақ жылдар қолданылып келе жатқан құқықтық нормалар жүйесі.* **Тұрақты қосүйекті сәт.** *Оң және теріс зарядталған полюсті молекулалардың ауырлық орталықтары.* **Тұрақты нүкте.** инф. *Позициясы санның берілу форматымен анықталатын нүкте.* **Тұрақты өкілдік.** саяси. *Мемлекеттің шетелде, халықаралық ұйымдардың жанынан ашатын сыртқы қарым-қатынас органы.* **Тұрақты сөз тіркесі.** лингв. *Құрамындағы сөздер жеке-жеке мағынаға ие болмай, тобымен бір-ақ мүшенің қызметін атқаратын ауыспалы мағынадағы фразалық тіркес.* **Тұрақты спорттық көрсеткіш.** *Кездейсоқ жағдайда емес, «спорттық бапты» тұрақты ұстау нәтижесінде қалыптасқан спорттық көрсеткіш.* **Тұрақты ток.** физ. *Ток күшінің шамасы мен бағыты уақытқа байланысты өзгермейтін электр тоғы.* **Тұрақты шама**. мат. ***Тұрақты***[1] *(қарастырылып отырған есепте өзінің мәнін өзгертпей сақтайтын шама).* **Тұрақты шығын.** экон. *Өндірістің көлеміне тәуелді емес жанама шығыстар (әкімшілік және басқару шығыстары, т.б.).*

**ТҰРАҚТЫҚ** зат. сөйл. ***Тұрақтылық.***

**ТҰРАҚТЫЛАУ** сын. **1.** *Орнықтылау, жайлылау.* **2.** *Бір сөзділеу, сөзіне беріктеу.* **3.** *Бір мезгілде қайталанатын.*

**ТҰРАҚТЫЛЫҚ**[1] зат. **1.** *Мінездегі бірқалыптылық, сабырлылық.* **2.** *Махаббат сезіміндегі адалдық, айнымаушылық.* **3.** ауыс. *Достық, жолдастықтағы адалдық, беріктік.* **4.** экон. *Тұтынушы мен өндіруші арасындағы сәйкестілік, бірқалыптылық.*

**Тұрақтылық константасы.** физ. *Комплекстің тұрақсыздық константасына кері шама. Тұрақтылық қалпы.* физиол. *Бұлшық еттің жұмыс жасауы кезінде оның тұрақты қалыпта оттегіні қабылдауындағы тәннің жағдайы.*

**ТҰРАҚТЫРАҚ** сын. *Баяндырақ, тұрлаулырақ, орнықтырақ.*

**ТҰРАЛА=** ет. **1.** *Әбден шаршап, діңкесі құру, болдыру.* **2.** ауыс. *Жоқшылықтан азып-тозу, жүдеу.*

**ТҰРАЛАҢҚЫРА=** е т. *Жадап-жүдеңкіреу, жүдеңқырау.*

**ТҰРАЛАҢҚЫРАУ** *Тұралаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАЛАТ=** е т. *Әбден шаршатып, діңкесін құрту, болдырту.*

**Тұралатып кетті**. *Болдыртты, титықтатты.*

**ТҰРАЛАТУ** *Тұралат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРАЛАУ** *Тұрала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әбден шаршау, титықтау.* **2.** э к о н. <ағыл. stagnation> *Экономикалық өрлеудің тоқтау сатысы, экономикадағы, өндірістегі, саудадағы т.б. тоқырау.*

**ТҰРАН**[1] з а т. к ө н е. *Мінбе, тұғыр, мұнара, трибуна.*

**ТҰРАН**[2] з а т. ж е р г. **1.** *Таудың үстіндегі су жиналған ойпаң жер;* **2.** *Егінге керекті суды жинақтайтын орын, шұңқыр.*

**ТҰРАРЛЫҚ** з а т. *Бір нәрсеге жарайтындай, татымды, жарамды.*

**ТҰРҒАУА** з а т. *Бір ортаға біріккен, әлі өз алдына хандық құрмаған тайпалар бірлестігі.*

**ТҰРҒАУЫШ** з а т. *Жеміс салатын ыдыс.*

**ТҰРҒЫ**[1] з а т. *Белгілі бір бағытта пайда болатын көзқарас.*

**ТҰРҒЫ**[2] з а т. **1.** *Тау қырқасының ең биігі.* **2.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсенің биік межесі, асқар шыңы.*

**ТҰРҒЫ**[3] з а т. *Замандас, тұстас, қатарлас адам.*

**Тұрғысын көкседі.** *Қатар-теңін іздеді.*

**ТҰРҒЫ**[4] з а т. х и м. *Тік және көлденең жазықтықта зертханалық құралдың элементтерін бекітуге арналған механикалық құрылғы.*

**ТҰРҒЫЗ=** е т. **1.** *Орнынан тұрғызу, тігінен қою.* **2.** *Ұйқыдан ояну, төсектен басын көтеру.* **3.** *Үй, сарай және т.б. салу, үйдің қабырғасын көтеру.*

**ТҰРҒЫЗДЫР=** е т. **1.** *Орнынан тұрғыздыру, тігінен қойғызу.* **2.** *Үй, сарай және т.б. қабырғасын көтеру, салу.*

**ТҰРҒЫЗДЫРУ** *Тұрғыздыр етістігінің қимыл атауы; салғыздыру.*

**ТҰРҒЫЗУ** *Тұрғыз етістігінің қимыл атауы; салу, орнату.*

**ТҰРҒЫЗЫЛ=** е т. **1.** *Орнынан тұрғызылу, тігінен қойылу.* **2.** *Үй, сарай т.б. қабырғасы көтерілу, салыну.*

**ТҰРҒЫЗЫЛУ** *Тұрғызыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРҒЫЗЫС=** е т. **1.** *Орнынан тұруға көмектесу, тік қойысу.* **2.** *Сарай, үй т.б. қабырғасын көтерісу, салысу.*

**ТҰРҒЫЗЫСУ** *Тұрғызыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРҒЫЛАС** з а т. *Қатар өскен құрбы-құрдас, жора-жолдастар және олардың өзара жақындық қатысы.*

**ТҰРҒЫЛЫҚ** с ы н. *Үй тұрғызуға болатын, мекен ететін (жай, орын).*

**ТҰРҒЫЛЫҚТЫ** с ы н. **1.** *Тұрақты, байырғы, жергілікті (ел, халық).* **2.** *Тұрақты, өзгермейтін.*

**ТҰРҒЫН** з а т. *Белгілі бір елді мекенді, ауылды, қаланы, үй, пәтерді мекен ететін адам.*

**Тұрғын үй.** *Баспана, пәтер.* **Тұрғын үй қоры.** ә л е у м. *Тұрғын үй-жайлардың, тұрғын үй және тұрғын үйге жатпайтын құрылыстардағы тұрғын үйлерге тиесілі көмекші үй-жайлардың жиынтығы.* **Тұрғын үй құқығы.** ә л е у м. *Тұрғын үйге деген құқықтың пайда болуы, жүзеге асуы, жойылуы айналасында туындайтын қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін құқық саласы.* **Тұрғын үй құрылысы.** *Тұрғын үйлер, тұрақты тұрпаттағы жатақханалар, мүгедектер мен қарттарға арналған үйлер, балалар үйлерінің жатын корпустарын т.б. салу.*

**ТҰРҒЫНЖАЙ** з а т. *Тұрғын үй басқармасының қарамағындағы үй жайлар.*

**ТҰРҒЫСЫЗ: ит байласа тұрғысыз.** *Тұруға болмайтын; азынаған, адам төзгісіз.*

**ТҰРҒЫШТЫҚ** з а т. *Тұратындық, тұра беретіндік.*

**ТҰРДЫР=** е т. с ө й л. **1.** *Тұрғызу.* **2.** *Жауға төтеп бергізу, қайтпау.*

**ТҰРЛАУ** з а т. *Баян, тұрақ, тиянақ.*

**Тұрлауы жоқ**. *Баянсыз, тұрлаусыз.*

**ТҰРЛАУЛЫ** с ы н. *Тұрақты, баянды, салмақты.*

**ТҰРЛАУЛЫҚ** з а т. с ө й л. ***Тұрлаулылық***.

**ТҰРЛАУЛЫЛЫҚ** з а т. *Тұрақтылық, баяндылық.*

**ТҰРЛАУЛЫРАҚ** с ы н. *Баяндырақ, тұрақтырақ.*

**ТҰРЛАУСЫЗ** с ы н. *Тұрлауы, тиянағы жоқ, екі сөзді, баянсыз.*

**ТҰРЛАУСЫЗДЫҚ** з а т. **1.** *Жеңілтектік, шошақайлық.* **2.** *Өзгерімпаздық, тұрақсыздық.*

**ТҰРМА** з а т. б о т. к ө н е. ***Шомыр.***

**ТҰРМАҚ** ү с т. *Оны былай қойғанда, ол түгілі.*

**ТҰРМАН** з а т. *Ер-тоқымның жабдығы.*

**ТҰРМАНДА=** е т. *Атқа ер-тоқым салу; әбзелдеу.*

**ТҰРМАНДАТ=** е т. *Атқа ер-тоқым салғызу, әбзелдету.*

**ТҰРМАНДАТУ** *Тұрмандат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРМАНДАУ** *Тұрманда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРМАНДЫ** с ы н. *Тұрманы бар, тұрмандалған.*

**ТҰРМАНСЫЗ** с ы н. *Тұрманы жоқ.*

**ТҰРМАТАМЫР** з а т. б о т. ***Тұрма.***

**ТҰРМЫҚ** з а т. к ө н е. *Әдебиеттегі һәмлет айтылған еркектің жыныс мүшесі.*

**ТҰРМЫС** з а т. **1.** *Әл-ауқат, хал-жай, тіршілік.* **2.** *Өмір сүру менталитеті, бір ел, ұлттың өзіне тән тіршілік ерекшелігі.* **3.** *Тіршілік қаракет.* **4.** т е р м. *Өндірістік, қоғамдық-саяси іс-әрекеттен тыс, адамдардың тіршілік қажеттілігін қамтамасыз ететін материалдық және мәдени жағдай.*

**Тұрмыс биледі.** *Шарасыз болды, еркі болмады.* **Тұрмыс деңгейі.** *Халықтың материалдық және мәдени қажеттіліктерінің қанағаттандырылу дәрежесі.* **Тұрмыс деңгейінің индексі.** э к о н. *Халықтың, оның топтарының нақты табысы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.* **Тұрмыс иі.** *Тіршілік, өмір талқысы, қиындығы.* **Тұрмысқа жанаспайды.** *Күнделікті тіршілікте іске аспайды, өмірде керегі жоқ.* **Тұрмыс қажетін өтеу.** *Мәдени-тұрмыстық мұқтаждықтарды орындау.* **Тұрмысқа шықты**. *Бойжеткен үйленді; күйеуге тиді.* **Тұрмыс құнының индексі.** э к о н. *Елдегі халықтың жекелеген санаттарының тұтынуына кіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынының бағасы мен тарифтерінің индексі.* **Тұрмыс құрды**. *Қыз бала, бойжеткен үйленді.* **Тұрмыс қызметі**. ә л е у м. о к к а з. *Тұрмыстық қызмет.* **Тұрмыстары түзелді.** *Тұрмысы жақсарды, жөнделді.* **Тұрмыстың тапшысына тура келді.** *Жоқшылық көрді, тұрмыс тауқыметін тартты.*

**ТҰРМЫС-ЖАЙ** з а т. *Тіршілік-тыныс, қалжағдай.*

**ТҰРМЫС-КҮЙ** з а т. *Әл-ауқат, жағдай.*

**ТҰРМЫС-САЛТ** з а т. *Тұрмыста қалыптасқан әдет, дәстүр, жора.*

**Тұрмыс-салт жырлары.** ә д е б. *Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрыптарына байланысты туған шығарма; жыр.*

**ТҰРМЫСТАН=** е т. *Тұрмысы жақсару, дүниемүлік жию.*

**ТҰРМЫСТАНУ** *Тұрмыстан етістігінің қимыл атауы; қыздың тұрмысқа шығуы.*

**ТҰРМЫСТЫ** с ы н. *Тұрмысы жақсы, әл-ауқатты.*

**ТҰРМЫСТЫҚ** с ы н. *Тұрмысқа керекті, тұрмысқа қажетті.*

**Тұрмыстық жанр.** ө н е р. *Бейнелеу өнерінің жанры.* **Тұрмыстық қалдықтар.** *Тұрмыстық мақсаттарға қолданылған шикізаттардың қатты және сұйық қалдықтары.* **Тұрмыстық қызмет.** ә л е у м. *Халыққа көрсететін өндірістік және өндірістік емес қызмет түрлерінің кешені.*

**ТҰРМЫСШЫЛДЫҚ** з а т. ә д е б. *Көркем әдебиетте адамдардың күнделікті тұрмысын, өмірін суреттеушілік.*

**ТҰРНА** з а т. б о т. ж е р г. ***Тұрма.***

**ТҰРНИЯЗ** з а т. т а м а қ. э т н. *Сүтке ақтаған тары, езілген құрт, май, ұн, қоспа қайнатып, бұқтыратын қазақ халқының дәстүрлі асы.*

**ТҰРПА** з а т. з о о л. <лат. vimba> *Тұқы тұқымдасына жататын бағалы балық.*

**ТҰРПАЙЫ** с ы н. **1.** *Қарабайыр, анайы, төмен (сөз).* **2.** *Дөкір, өрескел.*

**Тұрпайы әзіл.** *Өрескел, оғаш, дөрекі айтылған қалжың сөз, ойын, қылық.* **Тұрпайы материализм**. ф и л о с. *Сананы материяға әкеп тірейтін буржуазиялық философияның бір ағымы.* **Тұрпайы мінез.** *Дөрекі, оғаш құлық.*

**ТҰРПАЙЫЛА=** е т. *Тұрпайы, дөрекі сөйлеу.*

**ТҰРПАЙЫЛАН=** е т. *Дөрекілену, тұрпайы болу.*

**ТҰРПАЙЫЛАНДЫР=** е т. *Тұрпайы ету, дөрекілендіру.*

**ТҰРПАЙЫЛАНДЫРУ** *Тұрпайыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРПАЙЫЛАНУ** *Тұрпайылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРПАЙЫЛАУ**[1] с ы н. *Дөрекілеу, анайылау, өрескелдеу.*

**ТҰРПАЙЫЛАУ**[2] *Тұрпайыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРПАЙЫЛЫҚ** з а т. *Дөрекілік, анайылық.*

**ТҰРПАН** з а т. з о о л. <лат. leuciscus cephalus> *Тұқытәрізділер, тарақбалықтар туысына жататын түр.*

**ТҰРПАТ** з а т. **1.** *Кескін, келбет, пішін.* **2.** а у ы с. *Түр, бағыт.* **3.** *Дене бітім, пошым.*

**ТҰРПАТСЫЗ** с ы н. *Тұрпаты нашар, келбетсіз, кескінсіз.*

**ТҰРПАТСЫЗДЫҚ** з а т. *Кескіні жоқтық, келбетсіздік.*

**ТҰРПАТТА=** е т. *Бейнелеу, суреттеу, сипаттау.*

**ТҰРПАТТАС** с ы н. *Тектес, тәріздес, тақілеттес.*

**ТҰРПАТТАУ** *Тұрпатта етістігінің қимыл атауы; суреттеу, кейіптеу.*

**ТҰРПАТТЫ** с ы н. *Тұрпаты біреуге, бір нәрсеге ұқсаған.*

**ТҰРПАТТЫЛЫҚ** з а т. *Келбеттілік, көріктілік.*

**ТҰР-ТҰРЛА=** е т. *Қайта-қайта тұр-тұр деп мазалау.*

**ТҰР-ТҰРЛАТ=** е т. *Маза бермеу, тыныштық бермеу.*

**ТҰР-ТҰРЛАТУ** *Тұр-тұрлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰР-ТҰРЛАУ** *Тұр-тұрла етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРУ** *Тұр етістігінің қимыл атауы; ұйқыдан ояну, төсектен тұру.*

**ТҰРУШЫ** з а т. *Мекен етуші, бір жерде тұратын адам.*

**ТҰРУШЫЛЫҚ** з а т. *Тұрғандық, тұратындық.*

**ТҰРЫҚ**[1] з а т. *Бір нәрсенің көлбеу қалпындағы ұзындығы.*

**ТҰРЫҚ**[2] з а т. с п о р т. *Акробатикада қолданылатын әріптесінің төбесіне баспен тұруға арналған шағын жабдық.*

**ТҰРЫҚСЫЗ** с ы н. *Тұрқы қысқа.*

**ТҰРЫҚТЫ** с ы н. *Тұрқы ұзын.*

**ТҰРЫҚТЫЛАУ** с ы н. *Тұрықты келген, ұзындау.*

**ТҰРЫЛ=** е т. *Тұру, өту, болу.*

**ТҰРЫЛУ** *Тұрыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰРЫМТАЙ** з а т. з о о л. <лат. falco

**ТҰТҚЫЗ=** ет. *Қабырғаға бір затты ілгізу, ұстату.*

**ТҰТҚЫЗУ** *Тұтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫН** зат. *Бас еркінен айырылып, қолға түскен адам.*

**Тұтқынға алды.** *Қамады, тұтқындады, жауып тастады.*

**ТҰТҚЫНДА=** ет. **1.** *Тұтқын ету, түрмеге жабу, қамауға алу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің шырмауында болу.*

**ТҰТҚЫНДАЙ** сын. *Тұтқын сияқты, тұтқын тәрізді.*

**ТҰТҚЫНДАЛ=** ет. **1.** *Қамауға алыну, тұтқынға түсірілу, түрмеге жабылу.* **2.** *Қолға түсу, қамалу.*

**ТҰТҚЫНДАЛУ** *Тұтқындал етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫНДАТ=** ет. *Түрмеге жапқызу, қамауға алғызу.*

**ТҰТҚЫНДАТУ** *Тұтқындат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫНДАУ**[1] зат. этн. *Ойыншылардың аңғарымпаздығы, шапшаңдығы сыналатын ұлттық ойын түрі [Екі топқа бөлінген ойыншылар теріс қарап тұрып, қолдарын айқастырып «көпір» істейді. «Көпір» астынан өтіп бара жатқан ойыншылар келесі топтың жасыраған затының атын атауы тиіс. Тапса, жеңеді; таба алмаса, айып-анжы төлейді].*

**ТҰТҚЫНДАУ**[2] *Тұтқында етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫНДЫҚ** зат. *Тұтқын болушылық, тұтқындалғандық.*

**ТҰТҚЫР** сын. **1.** *Ұстаған, жабысқан жерінен айырылмайтын, тұтып қалғыш.* **2.** ауыс. *Бірден көсіліп кете алмайтын, кібіртік.* **3.** ауыс. *Бір нәрсені тез ұғып алатын, алғыр.*

**ТҰТҚЫРЛАН=** ет. **1.** *Тұтып қалу, жібермеу.* **2.** ауыс. *Кібіртіктеу, марғаулану.*

**ТҰТҚЫРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Тұтқыр ету, тұту.* **2.** ауыс. *Кібіртіктету, кекештендіру.*

**ТҰТҚЫРЛАНДЫРУ** *Тұтқырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫРЛАНУ** *Тұтқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТҚЫРЛАУ** сын. *Көсіліп кете алмайтын, кібіртіктеу.*

**ТҰТҚЫРЛЫҚ** зат. *Тұтып қалушылық, тұтқыр болушылық.*

**ТҰТҚЫШ**[1] зат. этн. *Ыстық затты ұстау үшін киізден не басқа матадан істелген қолғап.*

**ТҰТҚЫШ**[2] сын. *Бір нәрсені жібермейтін, ұстап қалатын.*

**ТҰТҚЫШСЫЗ** сын. *Тұтқышы жоқ, тұтқыш ұстамай.*

**ТҰТҚЫШТАЙ** сын. *Тұтқыш сияқты, тұтқыш тәрізді.*

**ТҰТҚЫШТЫҚ** сын. *Бір нәрсені тез тұтып қалғыштық.*

**ТҰТТАЙ** сын. *Үстінде лыпа жоқ, тырдай.*

**Тұттай жалаңаш.** *Ілерге түк жоқ, тыр жалаңаш.*

**ТҰТТЫҚ=** ет. сөйл. *Тұтығу, кекештеу.*

**ТҰТТЫР=** ет. *Тұтқызу, ұстату.*

**ТҰТТЫРУ** *Тұттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТУ** *Тұт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТУЛЫ** сын. *Ілінген, тұтылған.*

**ТҰТЫҒУ** *Тұтық етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Сәл тұтығып сөйлеу.*

**ТҰТЫҒЫҢҚЫРАУ** *Тұтығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫҚ=** ет. *Жекелеген сөздерді, буындарды дұрыс айта алмау, кекештену.*

**ТҰТЫҚПА** зат. *Тілінің кемістігі бар адам; кекеш.*

**ТҰТЫҚТАН=** ет. сөйл. *Кекештену, тұтығу.*

**ТҰТЫҚТАНУ** *Тұтықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫҚТЫР=** ет. *Кекештендіру, кібіртіктету.*

**ТҰТЫҚТЫРУ** *Тұтықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫЛ**[1]**=** ет. **1.** *Ұсталу, іліну.* **2.** ауыс. *Қолға түсу; қамауға алыну.*

**ТҰТЫЛ**[2]**=** ет. *Айдың, Күннің бетіне Жер көлеңкесінің түсуі.*

**ТҰТЫЛҒЫШ** сын. *Тез тұтылып қалатын.*

**ТҰТЫЛДЫР=** ет. **1.** *Жұлдыздардың толық көрінбей қалуы, шала көрінуі.* **2.** ауыс. *Қолға түсіру.*

**ТҰТЫЛДЫРУ** *Тұтылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫЛУ** *Тұтыл етістігінің қимыл атауы; тұтқынға алыну, қолға түсу.*

**ТҰТЫМ** зат. **1.** *Бір нәрсені ұстауы, тұтуы.* **2.** *Ұстам, қарым, уыс.* **3.** ауыс. *Қоласты, қарамағы.*

**ТҰТЫМДЫ** сын. **1.** *Ұғынғыш, тез қабылдағыш, зерек.* **2.** ауыс. *Тұрақты, берік.*

**ТҰТЫН=** ет. **1.** *Керегіне жарату, пайдалану, қолдану.* **2.** *Бір нәрсені қабылдау, ұстану.*

**ТҰТЫНАРЛЫҚ** сын. *Жаратылатын, пайдаланатын.*

**ТҰТЫНУ** *Тұтын етістігінің қимыл атауы; пайдалану.*

**Тұтыну бағасының индексі.** экон. *Салыстырмалы базистік кезеңдегі орташа отбасы тұтынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасы өзгеруінің орташа деңгейінің көрсеткіші.* **Тұтыну кооперативі.** *Азаматтардың материалдық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен олардың мүліктік үлеспұлдық жарналарын біріктіру жолымен құрылған ұйым.* **Тұтыну қоры.** экон. *Қоғам мүшелерінің жеке басының тұтынуы мен қоғамдық қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын ұлттық табыстың бір бөлігі.* **Тұтынулар маркетингі.** экон. *Компанияның бүкіл өндірістік-өткізу жүйесін тұтыну өнімінің жаңа үлгілерін жасау үшін соңғы технологиялық жетістіктерді пайдалануды ұйымдастыру.* **Тұтыну нарығы.** экон. *Сатып алушылардың тұтыну тауарларына төлем қабілеті бар сұранымын қанағаттандыратын тауарлар мен ақылы қызмет нарығы.* **Тұтыну сапасы.** экон. *Сұранымды ұсынымнан алшақтататын тауар тапшылығы және соның негізінде бағаның өсуі.*

**ТҰТЫНУШЫ** зат. *Пайдаға асырушы, керегіне жаратушы.*

**Тұтынушы интерфейсі.** инф. *Бағдарлама мен оны қолданушы адам арасындағы диалогті ұйымдастыру құралдары.* **Тұтынушылар кооперативі.** экон. *Азаматтардың мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі.* **Тұтынушылар құқығын қорғау.** экон. *Тұтынушылардың тиісті сападағы, өмірі мен денсаулығына қауіпсіз тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу, тауарлар мен олардың дайындаушылары туралы ақпарат алу, өз мүдделерін мемлекеттік және қоғамдық тұрғыда қорғау.* **Тұтынушылар одағы.** экон. *Халыққа қажетті тұрмыс бұйымдарын өтейтін ұйым.* **Тұтынушылар рыногы [нарығы].** экон. *Жекелеген адамдар мен үй қожалықтары тұтыну тауарлары мен қызметтерін сататын және сатып алатын нарық.*

**ТҰТЫНУШЫЛЫҚ** зат. *Пайдаланушылық, іске асырушылық.*

**ТҰТЫНЫЛ=** ет. *Пайдаланылу, қолданылу, іске асырылу.*

**ТҰТЫНЫЛУ** *Тұтыныл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰТЫНЫШ** зат. жерг. *Керегенің астына салатын киіз.*

**ТҰТЫС=** ет. *Ұстанысу, санау, есептеу.*

**ТҰТЫСУ** *Тұтыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰҺМАТ** [ар. تهمة] зат. ескі кіт. *Қауесет, өсек-аяң.*

**ТҰҺМАТШЫ** зат. ескі кіт. *Қауесет, өсек-аяң таратушы.*

**ТҰШ: түш бауырсақ.** этн. тамақ. *Ұнға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып илеп, ұсақ етіп кесіп, қуырып, балға қататын мерекелік бауырсақ.*

**ТҰШАЛА** зат. өс. <лат. grossularia> *Қарлыған, тасжарған тұқымдасына жататын, биіктігі 2 м-ге дейін жететін жемісті бұта.*

**ТҰШПАРА** [ир. جوشبره] зат. тамақ. *Арасына туралған, не тартылған майда ет салып, қамырға орап пісірілетін, үстіне сарымай немесе кілегей құйылып желінетін сүйкімді ас, пельмен.*

**ТҰШТАҚАЙ** сын. *Жағымсыз, ұшып-қонған, жеңілтек, жеңіл мінезді.*

**ТҰШТАҚТА=** ет. *Тұштақ-тұштақ ету.*

**ТҰШТАҚТАТ=** ет. *Тұштаң-тұштаң еткізу.*

**ТҰШТАҚТАТУ** *Тұштақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТАҚТАУ** *Тұштақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТАЛАҢДА=** ет. *Жеңілтектену, шошаңдау, тұшталақтау.*

**ТҰШТАЛАҢДАУ** *Тұшталаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТАҢ** зат. *Жеңілтектік, жеңіл мінезділік.*

**ТҰШТАҢДА=** ет. *Тұштаң-тұштаң ету, шұнаңдау.*

**ТҰШТАҢДАТ=** ет. *Тұштаң-тұштаң еткізу, шұнаңдату.*

**ТҰШТАҢДАТУ** *Тұштаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТАҢДАУ** *Тұштаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТИ=** ет. *Дүрдию, шошаю.*

**ТҰШТИТ=** ет. *Дүрдиту, шошайту.*

**ТҰШТИТУ** *Тұштит етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШТИЮ** *Тұшти етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШЫ=** ет. *Дәмі кіру, татымы болу.*

**ТҰШЫМ** зат. *Дәмі, татымы.*

**ТҰШЫМДЫ** сын. *Мәнді, көңілге қонымды.*

**ТҰШЫМДЫЛЫҚ** зат. *Тұшымды, татымды болушылық.*

**ТҰШЫМСЫЗ** сын. *Дәмі жоқ, татымсыз, нәрсіз.*

**ТҰШЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Нәрсіздік, татымсыздық, мәні жоқтық.*

**ТҰШЫМ-ТАЛҒАМ** зат. *Талғампаздық, бағалағыштық.*

**ТҰШЫН=** ет. **1.** *Дәмін алу, дәмін сезу.* **2.** ауыс. *Қанығу, сезіну, байқау.*

**ТҰШЫНДЫР=** ет. **1.** *Дәмін алғызу, дәмін сезіндіру.* **2.** ауыс. *Қанықтыру, сезіндіру, рахат сезімге бөлеу.*

**ТҰШЫНДЫРУ** *Тұшындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШЫНТ=** ет. *Қанықтыру, сезіндіру.*

**ТҰШЫНТУ** *Тұшынт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШЫНУ** *Тұшын етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШЫР: ауыз тұшыр.** *Айтуға тұрарлық, риза боларлық, көңіл толарлық.*

**ТҰШЫРҚАН=** ет. *Тамақтың тұщы дәмін сезіну.*

**ТҰШЫРҚАНДЫР=** ет. *Тамақтың тұщы дәмін сезіндіру.*

**ТҰШЫРҚАНУ** *Тұшырқан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰШЫРЛЫҚ: ауыз тұшырлық.** *Құлақ құрышын қандырарлық, риза боларлық.*

**ТҰШЫТ=** ет. жерг. *Майды күйдіру, қыздыру.*

**ТҰШЫТУ** *Тұшыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЩЫ** сын. **1.** *Тұзы жоқ, ішуге жарамды (су).* **2.** *Ащы емес, дәмді (тағам).*

**Тұщы етке тиген ащы таяқ.** *Жас, құлық-сұмдықты білмейтін кезде көрген қиянат, зорлық, зәбір ащы болады, жүректе ұзақ сақталады деген мағынада қолданылатын сөз.* **Тұщы етіне ащы таяқ тигізбеді.** *Жазықсыз жанға арашашы болды.* **Тұщы етіне ащы таяқ тиді.** *Жазықсыз жапа шекті, жәбірленді.* **Тұщы құрт.** этн. *Тұзы аз салынған құрт.*

**ТҰЩЫЛА=** е т. *Тұздан арылту, тұщыға айналдыру.*

**ТҰЩЫЛАН=** е т. *Тұздан арылу, тұщыға айналу.*

**ТҰЩЫЛАНДЫР=** е т. *Тұздан арылту.*

**ТҰЩЫЛАНДЫРУ** *Тұщыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЩЫЛАНУ** *Тұщылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЩЫЛАУ** с ы н . *Тұзы аздау, кемдеу.*

**ТҰЩЫЛЫ** с ы н . **1.** *Тұщылау келген; ащы емес.* **2.** а у ы с . *Жайлы, жағымды, дәмді.*

**ТҰЩЫЛЫҚ** з а т . *Тұщы болушылық.*

**ТҰЩЫРАҚ** с ы н . *Тұзы азырақ, ащы емес.*

**ТҰЩЫТ=** е т. *Ащы суды т.б. ішуге жарамды ету, тұщыландыру.*

**ТҰЩЫТҚЫШ** з а т . т е х . *Ащы суды тұзынан арылтатын қондырғы.*

**ТҰЩЫТУ** *Тұщыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЩЫТЫЛ=** е т. *Тұщыландырылу, ащысын кетіру.*

**ТҰЩЫТЫЛУ** *Тұщытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҰЯ** з а т . б о т . <лат. thuja> *Кипарис тұқымдасына жататын, биіктігі 7-12 м-дей, қылқан жапырақты, мәңгі жасыл ағаш.*

**ТҰЯҚ** з а т . **1.** *Мал т.б. сүтқоректі жануардың аяғының басындағы жер басатын мүйіз тұ қай.* **2.** а у ы с . *Ұсақ мал, қой-ешкі.* **3.** а у ы с . *Артта қалған ұрпақ, тұқым.*

**Тұяғы қимылдаған жоқ.** *Еш әрекет істемеді, қарап отырды.* **Тұяғына теңгермеді.** *Ешкімге тең көрмеді, баламады.* **Тұяғын ілді.** *Қол жеткізді, мақсатына жетті.* **Тұяғы тозды.** *Көп жүрді, жүрістен болдырып шаршады.* **Тұяғы ілінді.** *Бір нәрсеге енді ғана қолы жетті.* **Тұяқ баспаған [тимеген].** *Еш мал бармаған, соны, тың.* **Тұяқ жұлығы.** а н а т . <лат. corona ungulae> *Тұяқ көбесінен төменірек орналасып, бақайдың алдыңғы және бүйір қабырғасын жарты сақина түрінде қоршап жатқан тұяқ бөлігі.* **Тұяқ көбесі.** а н а т . <лат. limbus ungulae> *Терінің мүйіз тұяққа ауысатын жеріндегі жіңішке аралық.* **Тұяқ қалмады.** *Артында ұрпақ, тұқым қалмады.* **Тұяқ салығы.** к ө н е . *Мал басына төленетін салық.* **Тұяқ серіппеді.** *Ешбір қимылсыз, тып-тыныш жатты.* **Тұяқ тимеді.** *Мал баспады, аяқасты болмады.* **Тұяқ шиыр.** *Әбден тапталған, шиырланған (жер).*

**ТҰЯҚКЕСТІ** с ы н . с ө й л . ***Тұяқкешті.***

**Тұяқкесті болды.** ***Тұяқкешті болды.***

**ТҰЯҚКЕШТІ** с ы н. *Әбден тапталған, тықырланған.*

**Тұяқкешті болды.** *Шөбі әбден тапталды, оты басылып, тықырланды.* **Тұяқкешті сүрлеу.** *Оты мал тұяғымен тапталған, шөбі кетіп, тықырланған жол.*

**ТҰЯҚҚҰЛАҚ** з а т . б о т . *Қабығы қатты, еті жұмсақ, пішіні жылқының тұяғына ұқсас саңырауқұлақ.*

**ТҰЯҚСЕРПЕР** с ы н . *Соңғы, ақырғы.*

**ТҰЯҚСЫЗ** с ы н . **1.** *Малсыз, малы жоқ.* **2.** а у ы с . *Ұрпақсыз, тұқымсыз.*

**ТҰЯҚТЫ** с ы н . **1.** *Мал.* **2.** а у ы с . *Тұқымы, ұрпағы бар.*

**Тұяқты болды.** *Артында қалатын ұрпақ дүниеге келді.* **Тұяқты құстар.** с а я т . *Аушы құстар, қыран құстар.*

**ТҰЯҚША** з а т . б о т . ж е р г . ***Тайтұяқ.***

**ТҰЯҚШАЙЛЫ** с ы н . *Тапталған.*

**Тұяқшайлы етті.** *Жерді таптап тастады, шылады.*

**ТҰЯҚШӨП** з а т . б о т . ж е р г. *Тайтұяқ.*

**ТҰЯНА** с ы н . ж е р г . *Пысық, тындырымды.*

**ТҰЯНАДАЙ** с ы н . ж е р г . *Кішкентай, жыпжинақы, әп-әдемі.*

**ТҮБЕГЕЙ** с ы н . **1.** *Негізгі, түпкі.* **2.** *Мүлде жаңа, түбірлі.*

**ТҮБЕГЕЙЛЕ=** е т. *Тәптіштеу, тиянақтау.*

**ТҮБЕГЕЙЛІ** с ы н . **1.** *Негізгі, түпкілікті.* **2.** *Біржола, біржақты.* **3.** *Жан-жақты, ұқыпты, тыңғылықты.*

**ТҮБЕК**[1] з а т . э т н . *Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялықтары былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнататын, нәрестенің дәреті жиналатын ыдыс.*

**ТҮБЕК**[2] з а т . г е о г р . **1.** *Бір жағы құрлықпен шектесіп, қалған жақтары сумен қоршалған құрлық бөлігі.* **2.** *Өзеннің бұрылыс, иілген жері, иіні.*

**ТҮБЕКШЕ** з а т . *Кішігірім түбек.*

**ТҮБЕЛЕК** з а т . э т н . ж е р г . *Қазан астына қоятын дөңгелек темір.*

**ТҮБЕЛІКТІ** с ы н . *Тиянақты, түпкілікті; түбегейлі.*

**ТҮБІНДЕ** ү с т . **1.** *Бір нәрсенің қасында, маңында, жанында.* **2.** *Түптеп келгенде, ақыр соңында.*

**ТҮБІР**[1] з а т . **1.** б о т . *Ағаштың, өсімдіктің жерде қалған түбі.* **2.** а н а т . *Тістің жақ ұясына кіріп тұрған бөлегі.* **3.** а у ы с . *Бір нәрсенің түп-тамыры, негізі, арғы жағы.*

**ТҮБІР**[2] з а т . л и н г в . *Ары қарай бөлшектеуге келмейтін, бірнеше сөзге ортақ лексикалық мағынаны білдіретін сөздің негізгі бөлшегі.*

**ТҮБІР**[3] з а т . м а т . *Теңдеудегі санның орнына қойған кезде осы теңдеуді тепе-теңдікке айналдыратын сан.*

**Түбір табу.** м а т . *Түбір іздеу амалдары.*

**ТҮБІРЛЕН=** е т. *Түбірі көріну, түбірі шығу.*

**ТҮБІРЛЕП** ү с т . *Бір нәрсенің егжей-тегжейіне жетіп, тәптіштеп.*

**ТҮБІРЛЕС** с ы н . **1.** *Түбірі бір, төркіндес, негіздес.* **2.** л и н г в . *Бір түбірден өрбіген, бір түбірден тараған (сөз).*

**ТҮБІРЛЕСТІК** з а т . л и н г в . *Түбірі бір болушылық.*

**ТҮБІРЛІ** с ы н . **1.** *Түбірі бар.* **2.** а у ы с . *Шешуші, негізгі, түбегейлі.*

**Түбірлі өзгеріс жасады.** *Мүлде, біржола өзгертіп жіберді.*

**ТҮБІРТАМЫР** з а т . ө с. ж е р г . *Ақжелкек.*

**ТҮБІРТЕК**[1] з а т . **1.** *Кесілген не сынған ағаштың, өсімдіктің түбірі.* **2.** а у ы с . *Бір нәрсенің қалдығы.*

**ТҮБІРТЕК**[2] з а т . э к о н . <итал. quitanza> *Сомасы көрсетілген төлем құжаты; заттар мен құжаттар, ақша қабылдағандығы туралы берілетін қағаз.*

**ТҮБІРТЕК**[3] з а т . б о т . ж е р г . *Жасаң.*

**ТҮБІРТІК** з а т . с ө й л . ***Түбіртек.***

**ТҮБІРШЕК** з а т . с ө й л . *Есеп-қисап жасасқандағы қолда қалатын құжат.*

**ТҮБІРШІК**[1] з а т . *Түбіртек, түбір.*

**ТҮБІРШІК**[2] <лат. thylacospermum> з а т . ө с. *Түбірі ағаштанып кеткен шөл өсімдігі.*

**ТҮБІТ**[1] з а т . *Хайуанаттың қылшық жүнінің астындағы биязы, ұлпілдек жүн.*

**Түбіт орамал [шәлі].** *Түбіттен тоқылған орамал, шәлі.* **Түбіт тарақ.** *Түбіт түтетін темір тісті ағаш құрал.*

**ТҮБІТ**[2] з а т . ж е р г . *Қалдық май.*

**ТҮБІТСІЗ** с ы н . *Түбітінен айырылған, түбіті жоқ.*

**ТҮБІТТЕ=** е т. *Түбітті қылшығынан тазарту.*

**ТҮБІТТЕЙ** с ы н . *Түбіт сияқты, түбіт тәрізді.*

**Түбіттей тұтасқан.** *Әбден ұйысқан, қалың болып өскен.* **Түбіттей түтті.** *Быт-шытын шығарды, құлталқан етті.*

**ТҮБІТТЕЛ=** е т. *Түбіт салыну.*

**ТҮБІТТЕЛУ** *Түбіттел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮБІТТЕН=** е т. *Майда, тығыз түк өсу.*

**ТҮБІТТЕНУ** *Түбіттен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮБІТТЕУ** *Түбітте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮБІТТІ** с ы н . *Түбіті қалың.*

**ТҮБІТТІК** с ы н . *Түбіт болатын, түбітке тән.*

**ТҮБІТШЕ: түбітше түтті.** *Быт-шытын шығарды, берекесін кетірді.*

**ТҮГЕ** м о д . *Көбіне лепті сөйлем құрамында келіп, қынжылу, ренжу мағынасын білдіреді.*

**ТҮГЕЛ** е с і м. *Барлық, тегіс, күллі.*

**Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би.** *Билер сөзі, шешендік сөз Майқыдан басталады деген мағынада [Майқы – Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі. Қазақтың билік, шешендік сөз дәстүрінің ережелері мен принциптерінің негізін қалаған қайраткер].*

**ТҮГЕЛДЕ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің санының дұрыстығын анықтау; түгендеу, санақ жүргізу.* **2.** а у ы с . *Кем-кетігін толтыру.* **3.** а у ы с . *Тексеру, жинақтау.*

**ТҮГЕЛДЕЙ** ү с т . *Бәрі, толығымен, тұтастай.*

**ТҮГЕЛДЕН=** е т. *Түгел болу, кем-кетігі толтырылу.*

**ТҮГЕЛДЕНДІР=** е т. *Түгел болғызу, кем-кетігін толтыру.*

**ТҮГЕЛДЕНДІРУ** *Түгелдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕЛДЕНУ** *Түгелден етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕЛДЕТ=** е т. *Түгел ету, кем-кетігін толтыру.*

**ТҮГЕЛДЕТУ** *Түгелдет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕЛДЕУ** *Түгелде етістігінің қимыл атауы; түгендеу, жинақтау.*

**ТҮГЕЛДІК** з а т . *Түгел болушылық, амандық.*

**ТҮГЕН** е с і м. с ө й л . *Кез келген есімнің (атаудың) орнына жүретін сөз.*

**ТҮГЕНДЕ=** е т. **1.** *Бір нәрсенің санын анықтау, түгелдеу, есеп жүргізу.* **2.** а у ы с . *Кем-кетігін толтыру, толықтыру.*

**ТҮГЕНДЕЛ=** е т. *Бір нәрсенің саны анықталу; есеп-қисап жүргізілу, тексерілу.*

**ТҮГЕНДЕЛУ** *Түгендел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕНДЕМЕ** з а т . э к о н . *Субъектінің балансында есептеулі мүліктің бар-жоғын, оның сақталуын және сақталуының дұрыстығын, міндеттемелерді, қаражат алу құқықтарын, қойма шаруашылығының жүргізілуін, есеп деректерінің нақтылығын дүркіндік тексеру.*

**ТҮГЕНДЕН=** е т. *Түгелдену, тексерілу.*

**ТҮГЕНДЕС=** е т. *Бір нәрсенің санын анықтасу, есеп жүргізісу, тексерісу.*

**ТҮГЕНДЕСУ** *Түгендес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕНДЕТ=** е т. *Санын анықтату, санату, тексерту.*

**ТҮГЕНДЕТУ** *Түгендет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГЕНДЕУ**[1] з а т . *Санақ.*

**ТҮГЕНДЕУ**[2] *Түгенде етістігінің қимыл атауы; түгелдеу, санын анықтау.*

**ТҮГЕНДЕУЛІ** с ы н . *Түгенделіп қойылған, түгелденген.*

**ТҮГЕНДЕУСІЗ** с ы н . *Түгенделмеген, саналмаған; есепсіз көп.*

**ТҮГЕНДЕУШІ** з а т . *Бір нәрсенің бар-жоғын білуші, тексеруші.*

**ТҮГЕНШЕ** е с і м. с ө й л . *Әлдебіреу, әлдекім.*

**ТҮГЕС=** е т. **1.** *Бір нәрсені бітіру, аяқтау, тәмамдау.* **2.** *Тамақты жеп тауысу.*

**ТҮГЕСУ** *Түгес етістігінің қимыл атауы; бітіру, аяқтау, тауысу.*

**ТҮГЕСІЛ=** е т. *Таусылу, біту, аяқталу.*

**ТҮГЕСІЛУ** *Түгесіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮГІЛ** ш ы л . *Атау тұлғалы сөзден кейін тұрып, болымсыз мағынаны білдіретін сөз.*

**ТҮЖІРКЕ** з а т . э т н . *Қалың матадан астарлы етіп тіккен, қысқа етекті сырт киім.*

**ТҮЗ** з а т . *Үйден сырт жер, дала.*

**Түз дала.** *Елсіз, меңіреу жер.* **Түзге отырды [шықты].** *Дәрет сындырды.* **Түзден дәм тартты.** *Алысқа сапар шекті.* **Түзден тоят іздеді.** *Жемін сырттан, бөтен жақтан іздеді.*

**ТҮЗ=** е т. *Құрау, жасау.*

**ТҮЗАТ** з а т . з о о л . *Жылқы тектес жабайы жануар.*

**Түз ғайып ерендер.** м и ф . *Қырдың киелі пірлері.* **Түз құладыны.** з о о л . <лат. circus cyaneus> *Ересек аталығының арқа жоны күлгін сұр, бауыр жағы ақ, басы ақ бурыл, ұябасарының арқа жоны қара қоңыр, бауырында қара қошқыл теңбілдері бар, қанаттарының ұшы, тұмсығы, тырнақтары қара*

*түсті келетін жыртқыш құстың егістік алқабы мен шабындықты мекендейтін түрі.*

**ТҮЗДЕЙ** сын. *Түз сияқты, түз тәрізді.*

**ТҮЗДІК** зат. *Далалық, қырда тұратын тұрғындар.*

**ТҮЗЕ=** ет. **1.** *Қисық нәрсені түзу қалыпқа келтіру; дұрыстау.* **2.** *Жөндеу, жөнге келтіру.*

**ТҮЗЕГЕНСІ=** ет. *Түзеген болу, түзеген ыңғай таныту.*

**ТҮЗЕГІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта түзеу, жөндеу.*

**ТҮЗЕГІШТЕУ** *Түзегіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕЛ=** ет. **1.** *Жөнделу, дұрысталу, реттелу.* **2.** ауыс. *Қатесін жою, қатеден арылу.* **3.** *Мінезін өзгерту, тәртіпке келу.* **4.** *Сәнделу, әдемілену.*

**ТҮЗЕЛУ** *Түзел етістігінің қимыл атауы; жөнделу.*

**ТҮЗЕЛІҢКІРЕ=** ет. *Жөнделіңкіреу, реттеліңкіреу, дұрысталыңқырау.*

**ТҮЗЕЛІҢКІРЕУ** *Түзеліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕМ** зат. әск. *Әскердің немесе өзге де топтардың сапы.*

**ТҮЗЕҢ** сын. *Түзу келген, түзулеу.*

**ТҮЗЕҢДЕУ** сын. *Қисық емес, түзулеу.*

**ТҮЗЕҢКІРЕ=** ет. *Аздап түзеу, жөндеңкіреу.*

**ТҮЗЕҢКІРЕУ** *Түзеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕМДІК** зат. *Қандай да бір шет, онша дамымаған ел не мекеннің тұрғындары, тұрғыны.*

**ТҮЗЕС[1]=** ет. *Дұрыс жолға салысу, түзетісу, жөндесу.*

**ТҮЗЕС[2]=** ет. *Сапқа тұрысу.*

**ТҮЗЕСУ** *Түзес етістігінің қимыл атауы; жөндесу, кемшілігін түзетісу.*

**ТҮЗЕТ=** ет. **1.** *Түзулеу, түзу ету.* **2.** ауыс. *Дұрыстату, жөндету.*

**ТҮЗЕТКІЗ=** ет. *Дұрыстату, жөндету.*

**ТҮЗЕТКІЗУ** *Түзеткіз етістігінің қимыл атауы; қатесін жөндету.*

**ТҮЗЕТКІШ** зат. тех. *Механизмді тәртіпке келтіретін аспап, құрал.*

**ТҮЗЕТКІШТІК** сын. *Түзетіп отыратын, түзейтін.*

**ТҮЗЕТТІР=** ет. *Жөндету, дұрыстату.*

**ТҮЗЕТТІРУ** *Түзеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕТУ** *Түзет етістігінің қимыл атауы; жөнге салу, жөнге келтіру.*

**Түзету енгізді.** *Түзетті, қатесін жөндеді.*

**ТҮЗЕТУСІЗ** сын. *Жөндеусіз, өзгеріссіз, түзеусіз.*

**ТҮЗЕТУШІ** зат. *Кемістікті жөндейтін, түзете алатын адам.*

**Түзетуші корсет.** мед. *Бел омыртқа, қабырға сүйектері жарақаттанып қисайғанда емдеу әдісінің бірі ретінде, сондай-ақ, жеңілдік беріп көтеріп тұру үшін пайдаланылатын құрал.*

**ТҮЗЕТІЛ=** ет. **1.** *Дұрыстатылу, реттетілу.* **2.** *Қатесі жөнделу.*

**ТҮЗЕТІЛУ** *Түзетіл етістігінің қимыл атауы; дұрыстатылу, реттетілу.*

**ТҮЗЕТІҢКІРЕ=** ет. *Сәл жөндеңкіреу, түзеңкіреу.*

**ТҮЗЕТІҢКІРЕУ** *Түзетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕТІС=** ет. *Жөндетісу, жөнге салысу, түзулесу.*

**ТҮЗЕТІСУ** *Түзетіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗЕУ** *Түзе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жөндеу, түзулеу.* **2.** ауыс. *Кемшілігін жою, жөнге салу.*

**ТҮЗЕУШІ** зат. *Жөнге келтіруші, тәртіпке салушы.*

**ТҮЗГЕН** зат. бот. жерг. *Жүзген.*

**ТҮЗУ[1]** зат. мат. *Жазықтықта екі нүкте арқылы өтетін сызық, геометрияның негізгі ұғымдарының бірі.*

**Түзу сызық.** мат. ***Түзу.***

**ТҮЗУ[2]** сын. **1.** *Тура, тік.* **2.** ауыс. *Дұрыс, жөн.* **Түзу адам.** *Ешкімге зияны жоқ, дұрыс адам.* **Түзу бет алу.** *Алған бағыты, беталысы дұрыс болу.* **Түзу жолға салды.** *Дұрыс бағытқа түсірді.* **Түзу келді.** *Дәл түсті, тура шықты.* **Түзу мылтық.** *Сапалы, тигіш мылтық.* **Түзу сымдай қып тартты.** *Түп-түзу, оқтай түзу етті.* **Түзу табан етік.** *Оң, сол жақ сыңарларының табаны, пошымы, ұлтарауы бірдей, алмастырып киюге келетін етік, көшпелі елдерде кеңінен таралған аяқкиім.*

**ТҮЗУ[3]** *Түз етістігінің қимыл атауы; құрау, жасау.*

**ТҮЗУҚҰЙРЫҚ** <лат. orthurus> зат. өс. *Сиырдың құйрығы пішіндес, түп-түзу болып өсетін өсімдік.*

**ТҮЗУЛЕ=** ет. *Түп-түзу ету, тегістеу.*

**ТҮЗУЛЕН=** ет. *Түзу қалыпқа келу, тіктелу, дұрысталу.*

**ТҮЗУЛЕНУ** *Түзулен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗУЛЕУ[1]** сын. *Аздап түзу, туралау.*

**ТҮЗУЛЕУ[2]** *Түзуле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗУЛІК** зат. **1.** *Оқтай түзу болушылық.* **2.** ауыс. *Тура жол; дұрыстық, жөндік.*

**ТҮЗУШІ** зат. *Бір нәрсені түзетін, құрайтын.*

**ТҮЗШІЛ** сын. *Далада жүруді ұнататын, түзге, сыртқа үйір адам.*

**ТҮЗІК** сын. **1.** *Түзу, тура, дұрыс.* **2.** *Еш жері бұзылмаған, ақауы жоқ.* **3.** ауыс. *Адал, әділ.*

**Түзік болды.** а) *Әділ, адал болды.* ә) *Бұзылмады, ақауы болмады.*

**ТҮЗІКТЕУ** сын. *Жөнділеу, дұрыстау.*

**ТҮЗІКТІК** зат. *Туралық, дұрыстық.*

**ТҮЗІЛ=** ет. *Пайда болу, қалыптасу.*

**ТҮЗІЛУ** *Түзіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЗІЛІМ** зат. әдеб. **1.** *Бір нәрсенің құрылымы, мазмұны.* **2.** геол. *Қосынды, түзіліс.*

**ТҮЗІЛІС** зат. **1.** геол. *Құрылыс, құрам.* **2.** әдеб. *Түзілім, құрылым.*

**ТҮЙ[1]=** ет. **1.** *Бір нәрсені келіге сап, майдалау, жармалау, ұнтақтау.* **2.** *Қойып қалу, нұқу.*

**ТҮЙ[2]=** ет. **1.** *Бір затты шүберекке орап байлау.* **2.** ауыс. *Сезу, аңғару, байқау, білу.* **3.** ауыс. *Түйсіну, сезіну.*

**Түйіп алды.** *Жаттап алды, тез ұғып алды, жадына сақтады.*

**ТҮЙГІЗ=** ет. *Келіге сөк, бидай, жүгері сияқты дақылдарды салып, келсаппен ұрып жаныштату, қабығынан арылту, түйдіру.*

**ТҮЙГІЗУ** *Түйгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙГІЛЕ=** ет. *Бірнеше рет түю, түйгіштеу.*

**ТҮЙГІЛЕУ** *Түйгіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙГІШ** зат. этн. *Түюге арналған аспап, құрал.*

**ТҮЙГІШТЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта түю, түйгілеу, қабығынан арылту.* **2.** *Ұрғыштау, соққылау.*

**ТҮЙГІШТЕЛ=** ет. **1.** *Қайта-қайта түйілу, тапталу, жаншталу.* **2.** *Соққылану, ұрылу.*

**ТҮЙГІШТЕЛУ** *Түйгіштел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙГІШТЕУ** *Түйгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙГІШТІК** зат. **1.** *Затты түйгіштей (түйе) берушілік.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені ұғып алушылық.*

**ТҮЙДЕЙ: түйдей құрдас.** *Бір жылда туған; жасы қатар.*

**Түйдей жасты.** *Түйдей құрдас, бір жылда туған.*

**ТҮЙДЕК[1]** зат. әдеб. *Қазақ поэзиясында жырда қолданылатын тармақтарды топтастырудың еркін түрі.*

**ТҮЙДЕК[2]** зат. **1.** *Үздік-создық шұбатылған тіркестің бір бөлігі, бір-біріне ұласқан топ.* **2.** *Біріккен жиынтық, бума, байлам.*

**ТҮЙДЕКТЕ=** ет. *Топтау, жинақтау.*

**ТҮЙДЕКТЕЛ=** ет. *Топталу, жинақталу, тұтасу.*

**ТҮЙДЕКТЕЛУ** *Түйдектел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙДЕКТЕН=** ет. *Топтану, тұтасу.*

**ТҮЙДЕКТЕНУ** *Түйдектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙДЕКТЕС=** ет. *Топтасу, тұтасу, түйдек-түйдек болысу.*

**ТҮЙДЕКТЕСУ** *Түйдектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙДЕКТЕТ=** ет. *Түйдек-түйдек ету, топтастыру, тұтастыру.*

**ТҮЙДЕКТЕТУ** *Түйдектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙДЕКТЕУ** *Түйдекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топтасу, жинақтау.* **2.** әдеб. *Аз сөзге көп ой сыйғызу.*

**ТҮЙДЕК-ТҮЙДЕК** сын. *Үздік-создық шұбатылған.*

**ТҮЙДЕКТІ** сын. *Топ-тобымен келген, тұтасқан.*

**Түйдекті тіркес.** лингв. *Сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын лексика-грамматикалық сөздер тобы.*

**ТҮЙДЕКТІК** зат. *Біртұтастық, топтық.*

**ТҮЙДІР=** ет. **1.** *Түйгізу.* **2.** *Жинату, қамдату.* **3.** ауыс. *Сездіру, білдіру, түсіндіру.*

**ТҮЙДІРУ** *Түйдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙЕ** зат. **1.** *Бір немесе екі өркешті, күйіс қайтаратын ірі мал, үй жануары.* **2.** этн. *Еті мен сүті азыққа, терісі мен жүні әртүрлі тұрмыс қажетіндегі бұйымдарды жасауға, шөлге төзімді болғандықтан, мініске пайдаланылатын, иесінің дәулеттілігінің белгісі ретіндегі қазақтың төрт түлік малының ішіндегі ең ірісі.* **3.** этн. *Ескі уақыттан бері келе жатқан дәулет, салтанаттың, әртүрлі салт-дәстүр бойынша көрсетілетін сый-құрметтің, берілетін айып-таралғының бас белгі-заты ретіндегі ірі мал.* **4.** көне. *Ерте кезде Шығыс елдерінде жүк тасуға, ұзақ жолға, шөлге төзімді болғандықтан, сауда керуендерінің көлігі ретінде пайдаланылатын мініс мал.* **5.** этн. *Қалыңмалға берілетін сый-құрметтің тоғыз ішіндегі бас белгі-заты.* **6.** діни. *Ислам діні бойынша, құрбандыққа шалуға болатын ең ірі мал.* **7.** зоол. *Сүтқоректілер тобына, сірітабандылар отрядына жататын күйіс қайтаратын жұптұяқты бір немесе қосөркешті ірі жануар.*

**Түйе бақты.** *Түйе өсіріп, өндірді, түйеге қарады.* **Түйе балуан [палуан].** *Күрескенін жығатын, денесі ірі адам. // Еңгезердей, күшті, алып денелі.* **Түйе бас қылды [етті].** *Бәрі жиналып басып тастады.* **Түйе басты.** этн. *Балдыз бен жезде, жеңге мен қайны, қайын сіңлілері арасындағы сыйластықты нығайту, өзара жарастықты арттыру мақсатында ойналатын ұлттық ойын [Жездесерін балдыздары ебін тауып «жығып», үстіне кез келген дүниелерді «үйіп, оны үйелетіп, ой, түрсаңшы, түйе басты» десіп, әзілдеп ойнайды].* **Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты [қалған].** миф. *Күшіне сеніп, алаңсыз болам деп істен немесе басқа да пайдадан бос қалма деген мағынада [Көне аңыз бойынша, жыл атауы болуға басқа аңдармен таласқан түйе, атып келе жатқан күнді көрмей ұйықтап қалып, жыл атауына енбей қалғаны туралы аңыздан қалған сөз].* **Түйеге қом бітті.** *Түйе семіріп, салмақ қосты, қомданды.* **Түйеде неше соқырың бар.** сөйл. этн. а) *Неше жүз түйеңіз бар деген мағынада.* ә) табу. *Жүз түйе [Дәстүрлі қазақ қоғамында түйенің саны жүзге толғанда, жүзінші түйені көз тимесін деп ырым етіп, бір көзін ағызып жіберетін ырым негізінде қалыптасқан].* **Түйеден түскендей.** *Дөрекі, орынсыз.* **Түйе жабағы.** *Түйенің жазғытұрымғы ұйысқан салалы жүні.* **Түйе жабу.** *Түйеге ықшамдалып жасалған жамылғы.* **Түйе жүн көрпе.** этн. *Түйенің жүнінен қабып жасалған, жеңіл әрі жылы көрпе.* **Түйе кекірік.** *Қатты тойғанда еріксіз, өрескел шығатын кекірік.* **Түйе көштік жер.** этн. *Түйеге артылған көштің тынықпай жүріп өтетіндей қашықтығын білдіретін халықтық өлшем атауы.* **Түйе күйреуік.** *Күйреуіктің мал азығына жарамсыз ірі түрі.* **Түйе қомдады.** *Түйеге жүк арту үшін арқасына, қомына киіз салды; түйеге сәндеп жүк артты.* **Түйе қомында жүру.** *Күй таңдамау.* **Түйе қотыр сөз.** *Біреуге*

*тигізіп, біреуді қиғытып, қажай айтылатын сөз.* **Түйе қуырдық.** тамақ. *Жас малдың кесек-кесек етіп туралған етін суға пісіріп алып, май тұздық құйып дайындалатын қуырдақ.* **Түйе мойнақ.** а) *Түйенің мойны; мойын терісі.* ә) *Түйенің мойны, мойын терісі сияқты иір-иір.* **Түйе мұрындық.** этн. *Ұзатылып бара жатқан қыздың жақындары мен құрбыларына естелік ретінде қалдыратын заты, сыйы.* **Түйе мүйізгегі.** ауылшар. *Түйенің бедеулік кеселі.* **Түйенің әбзелі.** этн. *Түйені байлауға, жегуге арналған ноқта тұрманы.* **Түйенің жарты етіндей.** *Үлкен, зор.* **Түйенің қимасы.** *Түйенің майлы тоқ ішегі, дәмді тағам.* **Түйенің құмалағындай.** *Баданадай, ірі.* **Түйенің қымызы.** этн. *Күзді күнгі түйенің сүтінен ашытылып дайындалатын сусын.* **Түйенің өркеші.** *Түйенің арқасында болатын майлы өскін [Түйе малын оның санына қарай екеу болса, қосөркеш түйе, ал біреу болса, нар деп атайды].* **Түйенің танитыны жапырақ.** *Білетіні бір-ақ нәрсе деген мағынада.* **Түйенің тұяғы түсетін жер.** *Өте алыс жер.* **Түйенің шудасы.** *Аса бағалы саналатын жылуы мол әрі емдік қасиеті бар түйенің өркеші, желкесі, қолтық пен тамақ астының жүні.* **Түйені мұзға жетелеу.** *Бос әуреге түсу.* **Түйені түгімен жұтады.** *Параны көп алатындарға қатысты айылады.* **Түйе совхозы.** сов. *Түйе өсіруге кәсібиленген кеңістік ауылшаруашылығындағы ұжымдық-аумақтық бірлік.* **Түйе тас.** *Үлкендігі түйедей ірі тас.* **Түйе туберкулезі.** вет. *Қоздырғышы – микробактериум бовис болып табылатын түйенің жұқпалы ауруы.* **Түйе, түйе, түйелер.** этн. *Ойыншыларды шаруашылыққа, қырағылыққа, тапқырлыққа баулитын ұлттық ойын.* **Түйе үстінде [үстінен] ит қабар.** *Жаманның кесапаты жақсыға тиеді, жоқ жерден жазықсыз болса да пәлеге ұрынады.* **Түйе үстінен сирақ үйітті [ит қапты].** *Икемсіз, епсіз, болбыр кісі туралы айтылады.* **Түйе шешек.** *Түйенің денесіне бөртіп, іріңдеп шығатын ауру.* **Түйе шөгерді.** *Түйе тізесін бүгіп жатты.* **Түйе шудасын төсейді.** *Түйеден құлаған адамның денесі ауырмайды, жарақат алмайды дегенді білдіреді.* **Түйе шыбын.** *Денесі ірі, үлкенірек шыбын.*

**ТҮЙЕБАЛДЫРҒАН** зат. өс. жерг. ***Қатпаржеміс.***

**ТҮЙЕБАС**[1] зат. ойын. *Бірнеше кісі бір адамның үстіне шығып, астына басып ойнайтын ойынның аты.*

**ТҮЙЕБАС**[2] зат. бот. жерг. ***Түйетікен.***

**ТҮЙЕБЕДЕ** зат. өс. *Беде тұқымдас шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙЕБҰРШАҚ** зат. өс. *Бұршақ тұқымдас біржылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕБҮЛДІРГЕН** зат. өс. *Бүлдіргеннің үлкендігі бармақтай, тұтас алша сияқты бір түрі.*

**ТҮЙЕДЕЙ**[1] сын. **1.** *Түйе секілді.* **2.** ауыс. *Үлкен, ірі.* // *Бар күшімен, алып денесімен.*

**Түймедейді түйедей қылды [етті, болды].** *Ұсақ-түйекке бола ірі нәрсені ұмытты, азғана мініне бола бүкіл ісін жоққа шығарды деген мағынада.*

**ТҮЙЕЖАБАҒЫ** зат. *Түйенің қысқы жүнінің тығыздалып, жабыса ұйысқаны.*

**ТҮЙЕЖАНТАҚ** зат. өс. *Жапырағының төменгі жағы тікенді, бұталау өсімдік.*

**ТҮЙЕЖАҢҒАҚ** зат. өс. <лат. juglans regia> *Құрамындағы эфир майына байланысты жапырағы хош иісті болатын, жаңғақ тұқымдасына жататын ағаш.*

**ТҮЙЕЖАПЫРАҚ**[1] зат. өс. <лат. rheum tatarium> *Жапырағы үлкен, ірі болып өсетін, таран тұқымбасы, шоңайна туысына жататын көпжылдық жабайы өсімдік.*

**ТҮЙЕЖАПЫРАҚ**[2] зат. өс. <лат. rheum turkestanicum> *Құмды, сортаңды, қиыршық тасты жерлерде өсетін, рауғаш тұқымдасына жататын, биіктігі 30-70 см-дей, көпжылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕЖАРЫС** зат. этн. ойын. *Тек түйеге мінген жігіттер қатысатын ойын түрі.*

**ТҮЙЕЖОҢЫШҚА** зат. өс. <лат. melilotus> *Бұршақ тұқымдасына жататын екі жылдық (сирек бір жылдық) өсімдіктер; жоңышқа түстес сабағы ұзын, ақ, сары гүлді өсімдік.*

**ТҮЙЕЖІЛІК** сын. *Сүйегі ірі, алып денелі.*

**ТҮЙЕКЕКІЛІК** зат. зоол. *Тауда екі-екіден жүретін, тасқа жұмыртқалайтын құс.*

**ТҮЙЕКЕШ** зат. *Түйемен керуен тартатын, түйе бағатын адам.*

**ТҮЙЕКӨТЕН** зат. бот. жерг. ***Қызанақ.***

**ТҮЙЕҚАҢБАҚ** зат. өс. *Мареліктер (маревые) тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕҚАРЫН** зат. өс. <лат. salsola pestifer> *Сортаңды жерде өсетін майда тікенді шөп, қаңбақ.*

**ТҮЙЕҚОҢЫЗ** зат. зоол. *Малдың жас тезегін домалатып, зыңылдап ұшып жүретін, басы бұзаубасқа ұқсаған үлкен қара қоңыз.*

**ТҮЙЕҚҰЙРЫҚ** зат. өс. <лат. caragana jubata> *Бұршақ тұқымдасы, қараған туысына жататын тікенекті бұта.*

**ТҮЙЕҚҰЛАҚ** зат. зоол. *Құлақ пішіні түйе құлағына ұқсайтын, кеміргіштер тобына жататын шиқылдауық тышқанның бір түрі.*

**ТҮЙЕҚҰС** зат. зоол. *Ұша алмайтын, бірақ өте жақсы жүгіретін, Африка жерін мекендейтін ең үлкен құс; страус.*

**Түйеқұс тәріздiлер.** зоол. <лат. struthioniformes> *Қырсыз төсті құстар тобының бір отряды.*

**ТҮЙЕҚҰСЖАПЫРАҚ** зат. бот. <лат. blechnum> *Ылғалды жерде өсетін ірі жапырақты өсімдік.*

**ТҮЙЕҚҰСШӨП** зат. өс. <лат. matteuccia struthiopteris> *Ұзын сабақты шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙЕЛЕП** үст. *Түйеге артып, түйемен тасып.*

**ТҮЙЕЛІ** сын. **1.** *Түйеге мінген, арба-шанаға түйе жеккен.* **2.** *Түйесі бар, түйесі көп.*

**ТҮЙЕЛІК** сын. **1.** *Түйеге татитын, түйе нарқына тең (мал, мүлік).* **2.** *Түйе көтере алатын (жүк).* **3.** ауыс. *Түйеге тән қылық.*

**ТҮЙЕМЕШ** зат. тамақ. *Жанышталып, қатырылған немесе қарынға салып сақталатын ет.*

**ТҮЙЕМОЙНАҚ** зат. көне. *Түйенің мойын терісінен істелген дорба тәрізді ыдыс.*

**ТҮЙЕМОЙЫНИТ** зат. геол. *Қырғызстандағы Түйемойын елді мекенінен табылуына байланысты аталған уран слюдалары тобына жататын минерал.*

**ТҮЙЕМҰРЫНДЫҚ** зат. **1.** *Жіңішке жүн жіптен не қайыстан өрімдеп, екі ұшын түйген түйенің мұрындығы.* **2.** этн. *Ұзатылып келе жатқан қыздан сұралатын ырым.*

**ТҮЙЕОШАҒАН** зат. өс. *Ошағанның бір түрі.*

**ТҮЙЕСОРАҢ** зат. өс. *Сор қаңбақ туысына жататын аласа бұта; сорқаңбақ.*

**ТҮЙЕСҮЙЕК** зат. өс. <лат. astragalus paucijugus> *Сеңгіртаспа, бұршақ тұқымдасы, таспа туысына жататын бұта.*

**ТҮЙЕСІҢІР**[1] зат. өс. <лат. astragalus macrocladus> *Бұршақ тұқымдасы, таспа туысына жататын жартылай бұта, изен, жусан тәрізді шөлде тұп-тұп болып өсетін, жазғытұрым мал жейтін өсімдік.*

**ТҮЙЕСІҢІР**[2] зат. бот. <лат. astragalus macrocladus> *Таспаның (таспашөптің) бір туысы; ірі бұтақты таспа.*

**ТҮЙЕТАБАН**[1] зат. өс. **1.** *Таулы аймақтың өзен жағаларындағы сазды жерлерде өсетін, түйенің табанына ұқсас тарбиып жататын тікенді, жеуге жарамды өсімдік.* **2.** <лат. zygophyllum> *Түйетабандар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**Түйетабандар тұқымдасы.** <лат. zygophylleaceae> *Қосжарнақты өсімдіктер, бұта, жартылай бұта.*

**ТҮЙЕТАБАН**[2] зат. қолөнер. *Түйенің табанына ұқсас ою-өрнек, әшекей.*

**ТҮЙЕТАБАН**[3] зат. зоол. *Табан, жалпақтыран тұлғалас, көбіне көлді мекендейтін қоңырқай түсті балық.*

**ТҮЙЕТАБАН**[4] зат. жерг. *Үлкен ожау.*

**ТҮЙЕТАБАН**[5] зат. мед. *Табанның ұзын және көлденең сүйектерінің шөгіп, өзгеріске ұшырауы.*

**ТҮЙЕТАЙЛАП** үст. *Тік түсірмей, жайдағырақ етіп, бір жағын еңістетіп.*

**ТҮЙЕТАЙЛАН=** ет. *Жайдақталу, еңіс тартылу.*

**ТҮЙЕТАЙЛАНУ** *Түйетайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙЕТАЙЛАУ** сын. *Тік емес, құламалау, ылдилау, сырғымалы.*

**ТҮЙЕТАЙЛЫ** сын. **1.** *Бір жағына сырғымалы, еңіс, ылди.* **2.** ауыс. *Сенімсіз.*

**Түйетайлы жер.** спорт. *Секіру мен жүгіруден жаттығу жасауға арналған жеңіл атлетикалық арнайы жол.* **Түйетайлы тақта.** спорт. *Ауыр атлетикада қолданылатын жатқан жағдайда дене мен аяқтарды жоғары, сондай-ақ сығымдай көтеру жаттығуларына арналған жабдық.*

**ТҮЙЕТАЙЛЫЛА=** ет. *Түйетайлы ету, жайдақтау.*

**ТҮЙЕТАЙЛЫЛАН=** ет. *Түйетайлы етілу, жайдақталу.*

**ТҮЙЕТАЙЛЫЛАУ**[1] сын. *Тік емес, құламалылау, ылдилау, сырғымалылау.*

**ТҮЙЕТАЙЛЫЛАУ**[2] *Түйетайлыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙЕТАУЫҚ** зат. сөйл. ***Күркетауық.***
**Түйетауық адам.** жерг. *Мінезі қисық адам.*

**ТҮЙЕТЕК** зат. зоол. *Лама туысына жататын әрі ламаның жабайы арғы тегі болып саналатын жабайы жануар.*

**ТҮЙЕТҰЯҚ** зат. бот. *Далалы жерлерде өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙЕТІКЕН**[1] зат. өс. <лат. carduus> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын екі (сирек бір) жылдық шөптесін өсімдіктер, сабағы ұзын болып өсетін тікенді құрай.*

**ТҮЙЕТІКЕН**[2] зат. өс. жерг. ***Ошаған.***

**ТҮЙЕТІКЕН**[3] зат. өс. жерг. ***Жантақ.***

**ТҮЙЕТІКЕНЕК** зат. өс. жерг. ***Түйетікен.***

**ТҮЙЕШАҒАЛА** зат. зоол. *Көктемнен қара күзге дейін өзен-көл, теңіз жағалауларын мекендейтін ақ қауырсынды, қаражағал мойынды, тұмсығы мен аяғы сары не алқызыл, кейде қызғылт түсті болып келетін шағала атаулының үлкені.*

**ТҮЙЕШАРУАШЫЛЫҚ** зат. ауылшар. *Түйе өсіруге негізделген мал шаруашылығының дәстүрлі салаларының бірі.*

**ТҮЙЕШОҒЫР** зат. өс. *Сораңның бір түрі, шөл далада өсетін біржылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕШӨП** зат. бот. жерг. *Ірілігіне қарай түйежоңышқа кейде осылай да аталынады.*

**ТҮЙЕШЫРМАУЫҚ**[1] зат. бот. <лат. vincetoxicum> *Мизамшөп, түйешырмауық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**Түйешырмауықтар тұқымдасы.** бот. <лат. asclepiadaceae> *Қос жарнақтылар класына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

**ТҮЙЕШЫРМАУЫҚ**[2] зат. өс. *Өзен жағалауларында, орман алаңқайларында, бұталар арасында, тау бекейлерінде өсетін, биіктігі 50-60 (120) см-дей көпжылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕШЕ** үст. *Түйеге ұқсап, түйе сияқты.*

**ТҮЙЕШЕТЕН** зат. өс. *Сабағы тұзу, гүлдері түтікше тәрізді майда шөп тектес көпжылдық өсімдік.*

**ТҮЙЕШІ** зат. *Түйе бағатын кісі.*

**ТҮЙЛІГУ** *Түйлік етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙЛІК=** ет. **1.** *Түйілу, шиелену.* **2.** ауыс. *Тас түйін болу, ширығу.* **3.** ауыс. *Шүйілгу, шүйілу.*

**ТҮЙЛІКТІР=** ет. *Түйілту, түйілтіп ауырту.*

**ТҮЙЛІКТІРУ** *Түйліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕ[1]** зат. **1.** *Қаусырыну үшін киімге қадалатын әртүрлі нұсқадағы кішірек дөңгелек пішінді зат.* **2.** көне. зерг. *Ертеректе сән үшін таққан ішінде сылдырмағы бар үлкендігі бала жұдырығындай, сопақша, домалақтау келген әшекей.* **3.** тех. *Қандай да бір тетіктің бекітуге арналған шағын деталі.*

**Түйме алтын**. *Түйменің үлкендігіндей алтын кесегі, кішірек жамбы.* **Түйме бас.** поэт. *Әдемі, сұлу, шағын бас (әдетте әдемі қыздың теңеуі).* **Түйме қадау мәшинесі.** тех. *Арнайы киімдерге, аяққиімге т.б. бұйымдарға түйме қадауға арналған тігін мәшинесі.* **Түйме шідер.** этн. *Қылдан түйіп жасалған немесе толықтай қылдан түйілген, қайыстан өрілген шідердің түрі.* **Түйме тігу.** қолөнер. *Түшектің (қалың көрпе) екі жағына матадан түйме жасап, олардың арасын тігіс, жіп арқылы жалғастыру.*

**ТҮЙМЕБАС** зат. өс. <лат. serratula> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙМЕГҮЛ** зат. өс. <лат. malva pusilla> *Құлқайырдың бір түрі; кіші құлқайыр.*

**ТҮЙМЕДАҒЫ** зат. өс. <лат. matricaria> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ТҮЙМЕДАҚ** зат. өс. ***Түймедағы*** *(дәрілік, эфир-майлы, улы біржылдық шөптесін өсімдік).*

**ТҮЙМЕДЕЙ** сын. *Көлемі шағын, кішкентай.*

**Түймедейді түйедей етті.** *Болымсыз нәрсені үлкен етіп көрсетті.*

**ТҮЙМЕЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. phacelia> *Жапырақтары түйме сияқты, әдемі өсімдік.*

**ТҮЙМЕҚУРАЙ** зат. өс. жерг. ***Жалбызтікен.***

**ТҮЙМЕЛЕ=** ет. *Түймені тор ілгекке кигізу, түйме салу.*

**ТҮЙМЕЛЕН=** ет. *Түйме тағылу, түйме салыну.*

**ТҮЙМЕЛЕНУ** *Түймелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕЛЕС=** ет. *Түйме тағысу, түймелерін салысу.*

**ТҮЙМЕЛЕСУ** *Түймелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕЛЕТ=** ет. *Түймесін салғызу.*

**ТҮЙМЕЛЕТУ** *Түймелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕЛЕУ** *Түймеле етістігінің қимыл атауы; түймесін салу.*

**ТҮЙМЕЛІ** сын. *Түймесі бар, түйме қадалған.*

**Түймелі сауыт.** этн. *Жапсарларының арасы түймелер арқылы бекітілетін темір сауыт.*

**ТҮЙМЕЛІК** зат. *Түйме кигізілетін тесік.*

**ТҮЙМЕНЕ** зат. мед. *Теріге шығатын іріңдеген жара.*

**ТҮЙМЕСІЗ** сын. *Түймесі жоқ.*

**ТҮЙМЕТҰҒЫЛ** зат. тех. *Шанақшалар мен қақпақтың төменгі ұшы желімделетін және түймені ұстап тұратын түйін ағаш.*

**ТҮЙМЕШ[1]** зат. тамақ. *Туралып, жаншылып, кішірек етіп доғалақталынып майға қуырылған ет тағам.*

**ТҮЙМЕШ[2]** зат. *Жұдырықпен түйіп-түйіп жіберушілік.*

**ТҮЙМЕШ[3]** зат. *Дөңгелек, қатырылған дәрі.*

**ТҮЙМЕШ[4]** зат. тамақ. жерг. *Тарыға қант, май қосып, келіге түйіп жасалған тағам.*

**ТҮЙМЕШ[5]** зат. тамақ. жерг. *Майлы етті майымен қоса ішекке салып қатырып істеген шұжық түрі.*

**ТҮЙМЕШТЕ=** ет. *Ұрып-соғу, түйгіштеу.*

**ТҮЙМЕШЕТЕН** зат. өс. <лат. tanacetum> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ТҮЙМЕШТЕЛ=** ет. *Ұрылып-соғылу, түйгіштелу.*

**ТҮЙМЕШТЕЛУ** *Түймештел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕШТЕТ=** ет. *Ұрып-соққызу, түйгіштету.*

**ТҮЙМЕШТЕТУ** *Түймештет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕШТЕУ** *Түймеште етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙМЕШІК[1]** зат. *Кішкентай түйме.*

**ТҮЙМЕШІК[2]** зат. жерг. *Сырғаға тағылған ұсақ сылдырмақтар.*

**ТҮЙМЕШІК[3]** зат. мед. *Сүйел тәрізді өсінді.*

**ТҮЙМІШ[1]** зат. жерг. *Самаурын қайнатуға әзірленген, оттыққа сиярлық ұсақ ағаш.*

**ТҮЙМІШ[2]** зат. жерг. *Тұздалып, қойдың қарнына салынып сақталған ет.*

**ТҮЙМІШТЕ=** ет. сөйл. ***Түймеште.***

**ТҮЙНЕ=** ет. **1.** *Түйіліп ауыру.* **2.** ауыс. *Шер қату, мазалану.*

**ТҮЙНЕК[1]** зат. **1.** бот. *Тозаңданған өсімдік күлтесінен өніп шыққан жеміс түйіні.* **2.** бот. <лат. tuber> *Өсімдіктің бір не бірнеше сабақ буыны аралығынан дамитын өзгерген сабақ.* **3.** бот. *Қауын-қарбыздың жетілмей қалған түрі.*

**Түйнек бактериялары.** бот. <лат. rhizobium> *Ризобин туысына жататын аэробты бактериялар.*

**ТҮЙНЕК[2]** зат. вет. *Көбінесе қой, ешкіде және адамда болатын түйіліп ауыратын іш ауруы.*

**ТҮЙНЕК[3]** зат. сөйл. *Картоп.*

**ТҮЙНЕКГҮЛ** зат. өс. <лат. krasnoria> *Ерте көктемде гүлдейтін көпжылдық өсімдік.*

**ТҮЙНЕКҚОНАҚ** зат. *Дәнінен дәрі даярланатын өсімдік.*

**ТҮЙНЕКӨЛЕҢ** зат. өс. <лат. bolboschoenus> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ТҮЙНЕКТАРАН** зат. өс. *Жерасты сабағы түйінге айналатын шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙНЕКТЕ=** ет. *Түйін тастау, түйнек салу.*

**ТҮЙНЕКТЕЛ[1]=** ет. *Түйнек салу.*

**ТҮЙНЕКТЕЛ[2]=** ет. *Түйілу, түйдектелу.*

**ТҮЙНЕКТЕЛУ** *Түйнектел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙНЕКТЕН=** ет. *Түйнек байлау.*

**ТҮЙНЕКТЕНУ** *Түйнектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙНЕКТЕУ** *Түйнекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙНЕКТІ** сын. *Түйнек байланған, жеміс түйіні бар.*

**Түйнекті қозықұлақ.** өс. *Мамыр–маусым айларында гүлдейтін еріңгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық дәрілік шөптесін өсімдік.*

**ТҮЙНЕКШЕ** зат. *Кішкене жеміс түйнегі.*

**ТҮЙНЕКШӨП** зат. өс. <лат. bunuim> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

**ТҮЙНЕЛ=** ет. *Түйілу.*

**ТҮЙНЕЛУ** *Түйнел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙНЕМЕ** зат. мед. *Адамның ішкі ағзасы түйіліп ауыратын жұқпалы ауру.*

**Түйнеме келгір [келсін].** қарғ. *Қатты ашуланғанда айтылатын қарғау.*

**ТҮЙНЕМЕ** зат. мед. *Адам мен малда болатын оба аталатын аса қауіпті қоздырғыштан пайда болатын індет ауру, ол кейде күйдіргі деп те аталады.*

**ТҮЙНЕУ** *Түйне етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕ=** ет. **1.** *Сұғып алу, шаншу.* **2.** ауыс. *Сөзбен сынау, шенеу, тіл тигізу.*

**ТҮЙРЕГІШ[1]** зат. сөйл. ***Түйреуіш.***

**ТҮЙРЕГІШ[2]** сын. *Сынағыш, шенегіш.*

**ТҮЙРЕЛ=** ет. *Шаншылу, қадалу.*

**ТҮЙРЕЛЕ=** ет. **1.** *Бірнеше рет шаншу, үстіүстіне түйреу.* **2.** ауыс. *Өткір сөзбен сынау, шенеу.*

**ТҮЙРЕЛЕУ** *Түйреле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕЛУ** *Түйрел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕС=** ет. *Шаншысу, ұшкір заттарды қадасу.*

**ТҮЙРЕСУ** *Түйрес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕТ=** ет. *Шаншыту, қадату.*

**ТҮЙРЕТУ** *Түйрет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕТІЛ=** ет. *Шаншылу, қадалу.*

**ТҮЙРЕТІЛУ** *Түйретіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙРЕУ** *Түйре етістігінің қимыл атауы; шаншу.*

**ТҮЙРЕУІШ[1]** зат. *Бір нәрсені түйреп, бекітіп қоюға арналған бір жағы имек доғал болып келетін қапсырмалы бұйым.*

**ТҮЙРЕУІШ[2]** зат. жерг. *Сабы ағаш, бір не тармақты, қайырлап жатқан балықты шаншып алу үшін қолданылатын ұшкір темір.*

**ТҮЙРЕУІШТЕ=** ет. сөйл. *Бір нәрсемен түйреп тастау.*

**ТҮЙРЕУІШТЕУ** *Түйреуіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙСІК** зат. **1.** *Сананың, ақыл-ойдың тітіркенуі арқылы болатын сезіну қабілеті.* **2.** психол. *Адамның және басқа жан иелерінің жан қуатынан туындаған танымдық сезімі.* **3.** ауыс. *Ақыл-ой, сезім, зейін.*

**ТҮЙСІКСІЗ** сын. *Ақылы шамалы, түсінігі аз.*

**ТҮЙСІКСІЗДІК** зат. *Түйсігі жоқтық, ақылсыздық.*

**ТҮЙСІКТЕ=** ет. *Сезу, тану, білу.*

**ТҮЙСІКТЕН=** ет. **1.** *Болмысты түсіне білу.* **2.** ауыс. *Сезіктену, күдіктену.*

**ТҮЙСІКТЕНУ** *Түйсіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙСІКТЕУ** *Түйсікте етістігінің қимыл атауы; тани білу, түйсіну.*

**ТҮЙСІКТІ** сын. *Түйсігі бар, сезгіш.*

**ТҮЙСІН=** ет. *Сезім арқылы қабылдау, ақылға тую.*

**ТҮЙСІНГІШ** сын. *Ақылмен сезе білетін, сезгіш.*

**ТҮЙСІНДІР=** ет. *Сезім арқылы қабылдату, сезіндіру, түйсігін ояту.*

**ТҮЙСІНДІРУ** *Түйсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙСІНУ** *Түйсін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТЕ** сын. **1.** *Мұқал, тоқал, майырылған.* **2.** ауыс. *Жарымжан, жабыраңқы.*

**ТҮЙТЕЛЕН=** ет. *Қажу, тозу, мұқалу.*

**ТҮЙТЕЛЕНУ** *Түйтелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТЕҢДЕ=** ет. сөйл. ***Түйтіңде.***

**ТҮЙТКІ** зат. сөйл. ***Түйткіл.***

**ТҮЙТКІЛ** зат. *Күдік, секем, сезік.*

**ТҮЙТКІЛДЕ=** ет. *Көңілге күдік түсу, секем алу.*

**ТҮЙТКІЛДЕН=** ет. *Көңіліне қаяу түсу, күдіктену, көңілі күпті болу.*

**ТҮЙТКІЛДЕНУ** *Түйткілден етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТКІЛЕС=** ет. *Сезіктену, күдіктену.*

**ТҮЙТКІЛЕСУ** *Түйткілес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТКІЛДЕУ** *Түйткілде етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТКІЛЖІ=** ет. *Көңілі толқу, қобалжу.*

**ТҮЙТКІЛІК** зат. *Көңіл кірбіңі, реніш.*

**ТҮЙТКІЛІС=** ет. *Қобалжу, толқу, алабұрту, әбігерлену.*

**ТҮЙТКІЛІСУ** *Түйткіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТПЕК** зат. *Ұсақ-түйек жұмыс, өнбейтін күйбең, түйтің.*

**ТҮЙТПЕКТЕ=** ет. *Қарап отырмай күйбеңдеу, түйтіңдеу.*

**ТҮЙТПЕКТЕС=** ет. *Күйбеңдесу, түйтіңдесу.*

**ТҮЙТПЕКТЕСУ** *Түйтпектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТПЕКТЕТ=** ет. *Күйбеңдету, түйтіңдету.*

**ТҮЙТПЕКТЕТУ** *Түйтпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТПЕКТЕУ** *Түйтпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙТІК[1]** зат. *Ұсақ-түйек шаруа, түйтпек.*

**ТҮЙТІК[2]** зат. сөйл. *Көңілге түскен қаяу; түйткіл.*

**ТҮЙТІКСІЗ** сын. *Түйтпекті, көп күтімді қажет етпейтін.*

**ТҮЙТІҢ** з а т . с ө й л . *Оны-мұны шаруа, түйтік.*

**ТҮЙТІҢДЕ=** е т. *Оны-пұны шаруамен күйбеңдеу.*

**ТҮЙТІҢДЕУ** *Түйтіңде етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІЛ=** е т. **1.** *Оралу, буып-жиылу.* **2.** *Қадалу, төну, шүйілу.* **3.** *Астың өңеште аз кідіріп өтпей қалуы.* **4.** а у ы с . *Тығылу, тұтығу.* **5.** *Адамның көзі, тамағы т.б. қадалып, түйдектеліп ауру.*

**ТҮЙІЛГЕН: түйілген шытқа таласу.** з а т . о й ы н . *Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, қырағылыққа тәрбиелейтін ұлттық ойын [Алаңға жиналған екі топ ортаға тасталған түйілген шытты ала қашып, ешкімге ұсталмай, тез арада көмбеге жетуі тиіс. Жете алмай қалса, одақтасына лақтырады. Осылайша екі топ шытқа таласа ойнайды. Шытты көмбеге кім бұрын әкелсе, жеңімпаз атанады].*

**ТҮЙІЛДІР=** е т. **1.** *Шүйілту, қадалту.* **2.** *Адамның көзін, тамағын түйнеп ауырту.*

**ТҮЙІЛДІРУ** *Түйілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІЛМЕ** з а т . с ө й л . ***Түйнеме.***

**ТҮЙІЛТ=** е т. **1.** *Қадалту, төндіру.* **2.** *Түйнеп ауырту.*

**ТҮЙІЛТУ** *Түйілт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІЛУ** *Түйіл етістігінің қимыл атауы; түйнеп ауыру.*

**ТҮЙІЛІҢКІ: қабағы түйіліңкі**. *Қабағы қатыңқы, ашулы, ренішті.*

**ТҮЙІН**[1] з а т . **1.** *Бір нәрсенің шиеленіп байланған жері.* **2.** а у ы с . *Қорытынды, байлам, шешім.*

**Түйін жазу.** *Жіберілген хабардың мазмұны жіптен түйілген түйіндердің көлеміне, түріне, арақашықтығына қарап оқылатын ақпар берупалудың жасанды көне түрі.* **Түйінді шешті.** *Ойындағы түйткілдің себебін түсінді, сұрағының жауаптарын тапты; ренішін басты.* **Түйін тігіс.** к ә с . *Белгілі бір орындарда кесте жібінің өзінен түйіп, түйін тастап отырып тігетін тігіс түрі.* **Түйін шешілді.** *Мәселенің басы ашылды, жауап табылды.*

**ТҮЙІН**[2] з а т . **1.** б о т . *Өсімдіктің алғашқы байланған жеміс түйнегі.* **2.** а у ы с . *Теріге шығатын бүртік.*

**ТҮЙІН**[3] з а т . <ағыл. host; uncoupling> **1**. *Желілік жұмыс мәшинесі; бас есептеуіш мәшине; жетекші компьютер; желілік қызметтермен (желіге қызмет ету және хабарларды жеткізу) бірге пайдаланушылардың да тапсырмасын (бағдарламаны, есептерді, есептеулерді және т. б.) орындайтын желілік компьютер.*

**ТҮЙІН=** е т. *Бір нәрсені іштей сезу, түсіну, бекіну.*

**ТҮЙІНДЕ**[1]**=** е т. **1.** *Шиелеп байлап түю, түйін жасау.* **2.** а у ы с . *Қорытындылау, жинақтау.*

**Түйіндеп бұлау.** к ө н е . *Нақталғы [Арнайы темір ыдысқа жыланның басын қайнатып, сол буға науқас адамның басын орамалмен жауып, ауырған жерін булайтын әдіс].*

**ТҮЙІНДЕ**[2]**=** е т. *Жеміс түйнегінің байлануы.*

**ТҮЙІНДЕЛ=** е т. *Түйін жасалу, түйін болып байлану.*

**ТҮЙІНДЕЛУ** *Түйіндел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНДЕМЕ** з а т . т е р м . <ағыл. rezume> *Айтылған ойдың қысқаша қорытындысы.*

**ТҮЙІНДЕН=** е т. *Түйін-түйін болу.*

**ТҮЙІНДЕНУ** *Түйінден етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНДЕС=** е т. *Келісімге, қорытындыға келісу.*

**ТҮЙІНДЕСУ** *Түйіндес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНДЕТ=** е т. *Түйін жасату.*

**ТҮЙІНДЕТУ** *Түйідет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНДЕУ** *Түйінде етістігінің қимыл атауы; түйін жасап байлау.*

**ТҮЙІНДІ** с ы н . *Негізгі, нәтижелі.*

**Түйінді диск.** и н ф . <ағыл. key disk> *Қосымшаның дистрибуттық дискеттерімен бірге жеткізілетін арнайы диск.* **Түйінді кадр.** и н ф . <ағыл. key frame> *Қозғалатын бейнені қалыптастырудың түйіні болып табылатын кадр.* **Түйінді сөз.** а) *Даудың шешімі, қорытынды шешуші сөз.* ә) и н ф . <ағыл. keyword, reserved word> *Бағдарламалау тілдерінде – мағынасы бағдарламалау тілі ережелерімен анықталған және аударғыш (немесе адам) оның негізгі тілдік құрылымын түсінетін сөз.*

**ТҮЙІНДІР=** е т. *Бекіндіру, бел будыру.*

**ТҮЙІНДІРУ** *Түйіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІН-КОМПЬЮТЕР** з а т . и н ф . *Басқа есептеу мәшинесінің файлдары мен мәліметтеріне қатынас құруға мүмкіндік беру сияқты орталықтандырылған қызметтер атқаратын есептеу мәшинесі.*

**ТҮЙІНСІЗ** с ы н . **1.** *Байланған түйіні жоқ, түйін етіп байланбаған.* **2.** а у ы с . *Нәтижесіз, жемісcіз, мәнсіз.*

**ТҮЙІНУ** *Түйін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНШЕК** з а т . **1.** *Бір адам көтере алатындай етіп мата сияқты жұмсақ орауышқа оралған, түйілген не буылған зат, жеңіл жүк т.б.* **2.** а у ы с . *Адам ойындағы бүкпе пікір.*

**ТҮЙІНШЕКТЕ=** е т. *Әртүрлі заттарды бір жерге орап, түйіншек жасау.*

**ТҮЙІНШЕКТЕЙ** с ы н . *Түйіншек секілді.*

**ТҮЙІНШЕКТЕЛ=** е т. *Түйнектелу, түйінделу.*

**ТҮЙІНШЕКТЕЛУ** *Түйіншектел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНШЕКТЕУ** *Түйіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІНШӨП** з а т . ө с. *Көп шашақ тамырлы, ұзын сабағы тік өсетін дәрілік өсімдік [Жапырағы қарама-қарсы орналасқан, қауырсын жармалы, ұш жағынан жапырақшасы ұлкендеу, қандауыр пішінді келеді].*

**ТҮЙІНШЫҒЫРЫҚ** з а т . ж е р г . *Жүген түйгенде салынатын үш тесігі бар, алақанның жартысындай дөңгелек келген пішінді, түйін қайыстың бір-бірімен айқасатын түйінін алмастыратын тетік.*

**ТҮЙІР** з а т . **1.** *Өсімдіктің бір тал дәні, тұқымы.* **2.** *Қандай да бір заттың кішкене бөлігі.*

**ТҮЙІР**[2] з а т . т а м а қ . ж е р г . *Балықтың ыстық сорпасына нан, пияз турап, бұрыш салып істелген тағам.*

**Түйір нан.** *Жүрек жалғап алуға жарарлық азғана мөлшердегі ас деген мағынада.*

**ТҮЙІРЛЕ=** е т. *Түйір-түйір ету, ұсақтау, майдалау.*

**ТҮЙІРЛЕН=** е т. *Түйір-түйір болу, ұсақталу, майдалану.*

**ТҮЙІРЛЕНДІР=** е т. *Түйір-түйір ету.*

**ТҮЙІРЛЕНДІРУ** *Түйірлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРЛЕНУ** *Түйірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРЛЕУ** *Түйірле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРТПЕК**[1] з а т . **1.** *Түйінделіп қалған, буылтық зат.* **2.** *Бас киім төбесіне қадалған түйықша бау.* **3.** а у ы с . *Жайсыз хабар, дөрекі сөз.*

**ТҮЙІРТПЕК**[2] <лат. taraxacum glabellum> з а т . б о т . *Бақбақтың бір түрі; басты бақбақ.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕ=** е т.*Түйіртпек-түйіртпек ету, шектеу.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕЛ=** е т. *Түйіртпек-түйіртпек болу.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕЛУ** *Түйіртпектел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕН=** е т. *Түйіртпек-түйіртпек етілу.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕНУ** *Түйіртпектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРТПЕКТЕУ** *Түйіртпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРШІК** з а т . *Заттың көзге көрінерліктей ең ұсақ бөлшегі.*

**ТҮЙІРШІКТЕ=** е т. *Түйіршік жасау, түйір-түйір ету, ұсату.*

**ТҮЙІРШІКТЕГІШ** з а т . к е н . *Заттарды, шикіқұрамды материалдарды түйіршіктеуге арналған құрылғы.*

**ТҮЙІРШІКТЕЛ=** е т. *Түйіршікке айналу, түйіршік-түйіршік етілу, ұсатылу.*

**ТҮЙІРШІКТЕЛУ** *Түйіршіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРШІКТЕН=** е т. *Түйіршік-түйіршік болу.*

**ТҮЙІРШІКТЕНДІРІЛ=** е т. *Түйіршік-түйіршік етілу, түйіршікке айналдырылу.*

**ТҮЙІРШІКТЕНУ** *Түйіршіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІРШІКТЕУ** *Түйіршікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұсату.* **2.** к е н . *Балқыған затты қатаюы кезінде немесе ұнтақ затты әртүрлі әдістермен біріктіру арқылы түйіршікті қалыпқа келтіру, затқа белгілі бір өлшем мен пішін беру.*

**ТҮЙІРШІКТІК: түйіршіктік металлургия.** к е н . *Ұнтақтық металлургияның маңызды бағыттарының бірі.*

**ТҮЙІС**[1]**=** е т. **1.** *Майдаласу, ұнтақтасу, бірге түю.* **2.** а у ы с . *Қағысу, қақтығысу.*

**ТҮЙІС**[2]**=** е т. *Кездесу, тоғысу, жолығысу.*

**Түйіскен жер.** и н ф . <ағыл. joint> *Телекоммуникацияда – келісілген қызметтік сипаттамаларымен, физикалық әрекеттесудің жалпы параметрлерімен, сигналдардың сипаттамаларымен және т.б. анықталатын екі құрылғының арасындағы ортақ шегара.*

**ТҮЙІСПЕ**[1] з а т . *Екі-үш нәрсенің түйіскен, тоғысқан жері.*

**ТҮЙІСПЕ**[2] з а т . т е р м . *Электр тоғы өткізгіштері түйісетін жер. .*

**ТҮЙІСПЕЛІ: түйіспелі кен орындары.** к е н . *Жер қыртысында балқыған магманың шөгінді тау жыныстармен түйісуі кезінде пайда болған кен орындары (әдетте, темір, мыс, кейде вольфрам, молибден және кобальт кендері).*

**ТҮЙІСПЕЛІК: түйіспелік аспап.** т е х . *Минералдық бөлшектердің әртүрлі жағдайда ауа көпіршігіне жабысу уақытын анықтайтын аспап.*

**ТҮЙІСТІР=** е т. **1.** *Біріктіру, ұштастыру, тоғыстыру.* **2.** *Салыстыру, қатар қою.*

**ТҮЙІСТІРУ**[1] *Түйістір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІСТІРУ**[2] з а т . ә д е б . *Көбінесе лебіз түрінде қолданылатын сөзді әсерлеудің бір әдісі.*

**ТҮЙІСТІРІЛ=** е т. *Біріктірілу, ұштастырылу.*

**ТҮЙІСТІРІЛУ** *Түйістіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІСТІРІС=** е т. *Біріктірісу, ұштастырысу.*

**ТҮЙІСТІРІСУ** *Түйістіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЙІСУ** *Түйіс етістігінің қимыл атауы; кездесу, ұштасу, бірігу.*

**ТҮЙІСІМ** з а т . к е н . **1.** *Шахта алабын немесе блогын ашқанда екі штольняны немесе екі оқпанды қосатын және жерасты қазбаларын тура ағымды желдету контурын тұйықтайтын жер астында жүргізілген еңіс не көлбеу қазба.* **2.** *Екі жерасты қазбасын бір-бірімен немесе бір жерасты қазбасын жер үстімен қосып жалғастыратын кешенді жұмыстар.*

**Түйісу әлеуеті.** *Бет зарядтары, соған сәйкес бет потенциалдары әртүрлі минералдар түйіршіктері түйіскенде (соқтығысқанда) өзара зарядтарын теңестіру нәтижесінде пайда болатын потенциал.*

**ТҮК**[1] з а т . **1.** *Жан-жануардың денесінде болатын жіңішке, майда жүн, қыл.* **2.** а у ы с . *Өсімдікте, т.б. болатын майда талшықтар.*

**Түгі жылтырды.** *Қоңданып алды, семірді.* **Түгімен жалмайды.** *Обыр, қомағай.* **Түгіне тозаң тигізбеді.** *Шаң жуытпады.* **Түгін қалдырмады.** *Жер-жеріне жетті, әбден ұрысты.* **Түгін тартсаң, майы шығады.** *Семіз мал, құнарлы жер туралы айтылады.* **Түгін төкті.** *Жүнін тастады, түледі.* **Түгі сыртына шықты.** *Қатты ашуланды.* **Түк баданасы.** а н а т . *Түк бадамы, түктің түбіндегі теріге кіріп тұратын*

*құрылымдық бөлігі.* **Түк басты.** *Жүні қалың шықты, жүннен көрінбей қалды.* **Түк жіптер.** қолөнер. *Кілем өрмегіндегі жоғарыдан төмен қарай тізілген бой жіптермен қатарлас тұратын, өзге жіптерден бастау иірілген жіп (ол қойдың биязы жүнінен, түйенің жүнінен иіріледі). Мұны өрнек жіп те атайды.*

**ТҮК**[2] есім. **1.** *Ештеңе, еш нәрсе, дәнеңе.* **2.** *Ешқандай, ешбір.*

**Түкке тұрмайды**. *Іске алғысыз, ештеңеге жарамайды.* **Түкке тұрмайтын.** *Ештеңеге жарамсыз, іске алғысыз.*

**ТҮК**[3] зат. жерг. *Темекі басатын құрал.*

**ТҮКАҚЫ** зат. көне. ***Тұяқақы*** *(жерге мал жайғаны үшін төленетін айыппұл).*

**ТҮКЖАПЫРАҚ** зат. бот. <лат. sympegma> *Жапырақтарының бетін түк басқан шөптесін өсімдік.*

**ТҮКЖЕМІС** зат. бот. *Жапырақтарының да, жемістерінің де сыртын түк басқан шөптесін өсімдік.*

**ТҮКҚАТАР** зат. бот. жерг. *Көкшолақ.*

**ТҮКПІР** зат. **1.** *Кісі көзінен алыстау, таса жер, қалтарыс, қуыс.* **2.** ауыс. *Қиыр шет, алыс жер.* **3.** *Терең қойнау, астар, түп.*

**ТҮКПІРЛЕ=** ет. **1.** *Түкпірмен, шетпен жүру.* **2.** ауыс. *Жеріне жеткізу, тереңдеу.*

**ТҮКПІРЛЕТ=** ет. *Түкпірмен, қалтарыс-бұлтарыспен, шетпен жүргізу.*

**ТҮКПІРЛЕТУ** *Түкпірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКПІРЛЕУ** *Түкпірле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКПІРЛІ** сын. *Қыр-сыры, қалтарысы көп.*

**ТҮКСАБАҚ** зат. бот. <лат. eriocaulon> *Сабағы түкті шөптесін өсімдік.*

**ТҮКСИ=** ет. **1.** *Тікірею, тік-тік болып көрініп тұру.* **2.** ауыс. *Ашулы кейіп көрсету, қабақ шыту.* **3.** ауыс. *Жатсыну, жатырқау, жақтырмау.*

**ТҮКСИТ=** ет. *Жаратпау, қабағын түю.*

**ТҮКСИТУ** *Түксит етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКСИІС=** ет. *Бір-біріне қабақ шытысу.*

**ТҮКСИІСУ** *Түксиіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКСИЮ** *Түкси етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКСОБЫҚГҮЛ** зат. бот. жерг. *Түктігүл.*

**ТҮКСІК: түксігін салды**. *Жаратпаған пішін көрсетті.*

**ТҮКТЕ=** ет. *Астық дәнін келіге түйіп, қауызынан, кебегінен ажырату, тазарту.*

**Түктеп теру.** қолөнер. *Өрнек жіптері ерсі мен қарсыға аралас байлай тоқылып, бой жіптер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрмек бетінде бос қалып отырады, ол кесермен қырқылғанда, өрмек бетінде түк пайда болады (шағын кілем, қоржын тоқығанда қолданылады).* **Түктеп тігу.** кәс. *Кестелеу барысында бұйымның оң бетінде 1–2 сантиметрдей бүлдіргі жіп қалдыра отырып тігіп, артынан ол бүлдіргілерді тегіс қырқып тастау арқылы кілемнің түгі тәрізді пішінге келтіру [Кейде түгінің биіктігі біркелкі болу үшін астына ширатқан жуан жіп, жұмсақ металл шыбықты мүйізден, ою-өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған соң, әлгі тігіс астына салған заттарды үстінен тіліп алып тастайды. Сонда түктеп тігілген кесте біркелкі шығады, ою-өрнегі де айқын болады].*

**ТҮКТЕН=** ет. *Түк шыға бастау.*

**ТҮКТЕНУ** *Түктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКТЕС=** ет. *Астық дәнін келіге түйісу, қауызынан, кебегінен ажыратысу.*

**ТҮКТЕСУ** *Түктес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКТЕТ=** ет. *Астық дәнін келіге түйгізу.*

**ТҮКТЕТУ** *Түктет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКТЕУ** *Түкте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКТІ** сын. *Түгі бар, түгі қалың.*

**Түкті ара.** зоол. *Жабайы араның бір түрі.* **Түкті бақа.** зоол. <лат. astylostermus robustus>. *Бақаның түкті түрі.* **Түкті бүйі.** зоол. *Дене-тұрқы 5–7 см жететін өрмекшілердің ең ірі түрі.* **Түкті қабақ.** *Қатулы, ренжулі, жаратпаған кейіп.* **Түкті жанаргүл.** өс. *Саргалдақтұқымдасы жанаргүл туысына жататын гүлдері ірі шөптесін өсімдік.* **Түкті кілем.** а) *Түгі бетіне қаратып тоқыған кілемнің жұмсақ, бағалы түрі.* ә) бейн. *Көк майса шөбі қалың жер.* **Түкті қабақ.** *Қасы қалың.* **Түкті құрттар.** зоол. <лат. nematomorpha> *Жұмыр құрттардың бір класы.* **Түкті сарышатыр.** өс. <лат. hieracim pilosella> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, сарышатырдың Қазақстанда жиі кездесетін түрі.*

**ТҮКТІГҮЛ** зат. бот. <лат. velezia> *Гүлі жүгерінің сабағына ұқсас өсімдік.*

**ТҮКТІӨРІК** зат. бот. *Бадам.*

**ТҮКТІСОР** зат. бот. <лат. piptoptera> *Үстін түк басқан, сор топырақты жерлерде өсетін өсімдік.*

**ТҮКТІШӨП** зат. өс. <лат. eriochloa> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ТҮКШЕ** зат. **1.** *Жан-жануардың денесінде болатын өте майда түк.* **2.** *Өсімдікте, т.б. болатын өте майда түк.*

**ТҮКІР=** ет. *Ауызға жиналған сілекейді тастау.*

**ТҮКІРГІШ** зат. *Түкіру үшін қойылған ыдыс.*

**ТҮКІРТ=** ет. **1.** *Түкірік шығарту.* **2.** этн. миф. *Көне наным-сенім бойынша көз, тіл тимесін деген оймен ұшкіртудің ырымын жасату.* **3.** *Тіл-көзден сақтау үшін молдаға су бүркіту.*

**ТҮКІРТУ** *Түкірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКІРУ** *Түкір етістігінің қимыл атауы; сілекей, қақырығын сыртқа шығарып тастау.*

**ТҮКІРІК** зат. *Сілекей бездерінен бөлініп шығатын сұйықтық.*

**Түкірік жерге түспейтін.** бейн. *Қатты аязды, ерекше суық, ызғарлы.*

**ТҮКІРІКТЕ=** ет. *Түкірік тигізу, түкіргін жағу, сілекейлеу.*

**ТҮКІРІКТЕЛ=** ет. *Түкірік жағылу.*

**ТҮКІРІКТЕЛУ** *Түкіріктел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКІРІКТЕУ** *Түкірікте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКІРІН=** ет. *Түкіру, түкірік шығару, түкірік тастау.*

**ТҮКІРІНУ** *Түкірін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮКІРІС=** ет. *Түкірік тастасу, жаппай түкіру.*

**ТҮКІРІСУ** *Түкіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛЕ=** ет. **1.** *Көктем кезінде жан-жануардың жүнінің не қауырсынының түсуі.* **2.** ауыс. *Жаңару, құлпыру.*

**ТҮЛЕЖУ** *Түлежі етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛЕЖІ=** ет. *Ажарлану, өңі кіру, түрлену.*

**ТҮЛЕЙ** зат. *Қалың сексеуіл өскен жер.*

**ТҮЛЕЙДЕЙ** сын. *Түк көрмеген, көргенсіз.*

**ТҮЛЕК**[1] зат. **1.** *Құстың түлеуіне байланысты жас мөлшері, түлеу кезі.* **2.** *Қыран құс балапанының жетіліп, бабына келген ұшар кезі.* **3.** ауыс. *Жас ұрпақ, жас буын, жеткіншек.* **4.** ауыс. *Мектеп, оқу орнын бітіруші.*

**Түлекке отырғызды.** этн. саят. *Аңшылық маусымы аяқталған кездегі саят құсын үйде байлап ұстады.*

**ТҮЛЕКТЕ=** ет. *Түлеу, түлежу; шынығу.*

**ТҮЛЕКТЕУ** *Түлекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛЕКТІ** сын. **1.** *Жүні түсіп түлеген.* **2.** саят. *Түлеу кезінен өткен (қыран құс туралы).*

**ТҮЛЕМЕ** сын. *Түлеуге айналып, жүні көпсіген.*

**ТҮЛЕН**[1]**: түлен түртті.** *Сайтан түртіп, бір бәлеге ұрынды.*

**ТҮЛЕН**[1]**=** ет. *Қайта түлеу, жаңадан күшіне ену.*

**ТҮЛЕТ=** ет. **1.** *Көктем кезінде жан-жануардың, құстың жүнін, қауырсынын түсіру.* **2.** ауыс. *Жаңарту, жақсарту.* **3.** ауыс. *Шынықтыру, шыңдау.*

**ТҮЛЕТУ** *Түлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛЕУ** *Түле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аң, құс мал, терісі жүнінің көктемдегі қайта шығуы.* **2.** ауыс. *Жаңару, жаңадан басталу.* **3.** зоол. *Жануарлардың даму кезіндегі жас ерекшеліктеріне, маусымдық өзгерістерге байланысты және тіршілігінде тұрақты түрде жүріп отыратын биологиялық процесс.*

**ТҮЛКІ** зат. **1.** *Үлпек құйрығы ұзын, терісі бағалы жыртқыш аң.* **2.** зоол. <лат. vulpes vulpes> *Жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң.* **3.** ауыс. *Айласы көп, қу, әккі, залым.*

**Түлкі алмайды тоқ тазы.** *Мүдделі болмаса іс бітпейді.* **Түлкі аулау.** спорт. *Радиоәуесқойлар спортының бір түрі.* **Түлкі бөрік.** *Түлкінің терісінен жасалған бөрік.* **Түлкі бұлаңға [бұлтаққа, жортаққа, құйрыққа] салды.** *Жалтарпа қулыққа басты.* **Түлкі жалтаққа салды.** *Қулыққа басты, алдады.* **Түлкі жортпас түлей**. *Қалың, ну, бұталы (жер).* **Түлкі көзденді.** *Тіміскілене қарады.* **Түлкі [күзен] құрсақ.** *Тартыңқы, жарау қарын.* **Түлкі қулық.** *Барып тұрған айлакерлік, айлалылық.* **Түлкі құйрық.** *Алдамшы, қу.* **Түлкі [пұшпақ] тон.** жерг. *Түлкінің қара жолақ, қарақасқа пұшпақтарынан тігілген тон.* **Түлкі тымақ.** этн. *Түлкі терісінен тігілген тымақ.*

**ТҮЛКІДЕЙ** сын. *Түлкі сияқты.*

**ТҮЛКІЖЕМ** зат. бот. *Саңырауқұлақтың қылқан және жалпақ жапырақты орман ішінде өсетін түрі. Жеуге жарамды.*

**ТҮЛКІҚУРАЙ** зат. бот. жерг. *Түлкіқұйрық.*

**ТҮЛКІҚҰЙРЫҚ** зат. өс. <лат. alopecurus> *Астық тұқымдасына жататын көп не бір жылдық өсімдік.*

**ТҮЛКІЛЕН=** ет. *Айлалы болу, құлану.*

**ТҮЛКІЛЕНУ** *Түлкілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛКІЛІК** зат. *Айлалық, қулық.*

**ТҮЛКІМАСАҚ** зат. өс. <лат. vulpinus> *Масағы күлтелі болып келетін бұршақ тұқымдас өсімдік.*

**ТҮЛКІШЕ** үст. *Түлкіге ұқсап.*

**ТҮЛКІШЕК** зат. жерг. *Түк жүнді құрт.*

**ТҮЛІК** зат. *Малдың төрт түрінің жиынтық аты.*

**ТҮЛІКТЕН=** ет. *Белгілі бір мал түрінің өніп-өсуі, көбеюі.*

**ТҮЛІКТЕНУ** *Түліктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЛІКТЕС** сын. *Тұқымдас, тектес.*

**ТҮЛІКТІ: төрт түлікті**. *Ауқатты, әлді, бай.*

**ТҮМЕН** зат. көне. **1.** *XIII–XV ғасырларда түркі-моңғол ұлыстарында болған әскери-әкімшілік бірлік. // Он мың.*

**Түменді бұзды.** бейн. *Бір түмен әскердің қатарын қақ жарып, талқандап өтті.*

**ТҮМЕНБАСЫ** зат. көне. *Он мың сарбаздың қолбасшысы.*

**ТҮМЕНБЕГІ** зат. көне. *Түменбасы, түркі-моңғол тайпаларындағы әскери лауазымы.*

**ТҮМЕНБЕК** зат. көне. ***Түменбегі*** *(он мың сарбазға қолбасшы).*

**ТҮН** зат. *Тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы, қараңғы бөлігі.*

**Түн асқан.** *Түнімен тұрған піскен ас.* **Түн асты.** *Түнді өткізіп, таңды атырды.* **Түн ауа.** *Түн ортасы өткеннен кейін.* **Түн баласы.** *Түні бойы.* **Түн баласында [баласына].** *Күннің батуынан таңның атуына дейін, түні бойы.* **Түн бойы.** *Бүкіл түн іші, тұтас түн.* **Түн гүлі.** бот. *Гүлі түнге қарай ашылатындығына қарай «желімсабақ» өсімдігі осылай да аталады.* **Түнде ұйқы бермеді.** *Мазалады, алаңдатты.* **Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды.** *Уайымдады, қамығып қайғы жеді.* **Түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмеді.** *Тыным таппады, күндіз-түні күнкөріс қамымен шапқылады; мазасы болмады.* **Түнді кешті.** поэт. *Түні бойы жүрді, ұйықтамады.* **Түнді түнге ұрып.** *Бірнеше түн қатарынан.* **Түн жамылды.** *Түнделетіп жүрді, түн ішінде жолға шықты.* **Түн кешті.** *Ұзақ түндерді*

*басынан өткерді.* **Түн көбелектері.** з о о л. <лат. noctuidae> *Қабыршаққанаттылар отрядының бір тұқымдасы.* **Түн көбесі сөгілді.** *Таң ата бастады, түн жарымынан асты.* **Түн көрпесін жамылды.** *Қараңғы түсті.* **Түн күзетті.** *Түнді ұйықтамай өткізді.* **Түн қараңғысы.** *Түнгі қараңғылық.* **Түн қатты.** *Түнделетіп жүрді.* **Түн қатырды.** *Түнделетіп жүргізді.* **Түннің жалауы жығылды.** *Таң атып, жарық бола бастады.* **Түн ортасы**. *Түннің жартысынан ауған мезгіл.* **Түн ортасы кезінде**. *Түн жарымында.* **Түн түндігі түрілді.** *Таң қылаң берді, түн қараңғылығы сейілді.* **Түн ұйқысын қашырды.** *Ұйқысын бұзды, ұйықтауға кедергі болды.* **Түн ұйқысын төрт бөлді.** а) *Түні бойы қайта-қайта оянып, балаға жұбатумен болды (емізулі баласы бар ана туралы).* ә) *Түн бойы дамыл көрмеді, көз ілмеді.*

**ТҮНГІ** с ы н. *Түндегі, түнге тән.*

**Түнгі салқын.** *Түнгі самал.*

**ТҮНДЕЛЕП** ү с т. с ө й л. ***Түнделетіп.***

**ТҮНДЕЛЕТІП** ү с т. *Түні бойы жүріп, түн қатып.*

**ТҮНДІК**[1] з а т. э т н. *Киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз.*

**Түндігі жабылып, ошағындағы оты сөнді**. *Үрім-бұтақ қалмады, қырылды.* **Түндігін теріс айналдырды.** *Әлек-шәлегін шығарды, астан-кестен қылды.* **Түндік ашты.** *Киіз үйдің шаңырағынан таңғы жарық түссін, ошақтан шыққан түтін сыртқа шықсын деп шаңырақты жауып тұрған шаршы киізді түрді.* **Түндік аштырды.** *Шаңырақты жауып тұрған шаршы киізді түргізді.* **Түндік басы.** а) *Түтін түтететін әрбір үй.* ә) к ө н е. *Әр түтінге, әрбір үйге салынатын салық түрі.* **Түндіктің бауы.** э т н. *Шаңырақ үстінен жабылатын, киіз үй жамылғысы кесегінің ұштарын бекітетін жіптер.* **Түндікпенен күн берді.** бейн. *Жарық күнді көруден жазбады, басын аман, денін сау қылды.*

**ТҮНДІК**[2] з а т. ж е р г. *Қарақұрттың өрмегі, ұясы.*

**ТҮНДІКТЕ=** е т. *Киіз үйге түндік жабу.*

**ТҮНДІКТЕЙ** с ы н. *Түндік сияқты.*

**ТҮНДІКТЕЛ=** е т. *Киіз үйге түндік жабылу.*

**ТҮНДІКТЕЛУ** *Түндіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНДІКТЕН=** е т. **1.** *Киіз үйге түндік жабылу.* **2.** а у ы с. *Үйірілу, айналсақтау.*

**ТҮНДІКТЕНУ** *Түндіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНДІКТЕС**[1]**=** е т. *Түндік жабысу.*

**ТҮНДІКТЕС**[2] с ы н. *Отандас, жерлес, туыстас.*

**ТҮНДІКТЕСУ** *Түндіктес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНДІКТЕУ** *Түндікте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕ=** е т. **1.** *Түнге қарай қону (түнеп шығу.).* **2.** а у ы с. э т н. *Әулие-әнбиелер басына қасиетті киелі жерге түнеп тілек тілесе, Алладан медет болады, тілеуі бірден қабыл болады деген наным бойынша сиыну, табыну, құлшылық ету.*

**ТҮНЕК**[1] з а т. **1.** *Көзге түртсе, көрінбейтін қараңғылық.* **2.** а у ы с. *Ел басына түскен ауыртпалық, қайғы-қасірет.*

**Түнекті [қауіпті, қауіп-қатерді] төндірді.** *Ауыр халге душар еттірді, қиындық тудырды.*

**ТҮНЕК**[2]**: түнекке шығу.** к ә с. б а л ы қ ш а р. *Теңізде бірнеше күн кезекпен түнеп балық аулау.*

**ТҮНЕК**[3] з а т. **1.** *Түнейтін орын.* **2.** *Малды қораға әкелмей, өрісте түнететін орын.*

**ТҮНЕМЕ** з а т. *Түнейтін орын, қонатын жер.*

**ТҮНЕМЕЛ** з а т. **1.** *Түнейтін орын, жататын жер.* **2.** *Сиыр қора, мал жататын орын.* **3.** *Түнемел қымыз.*

**Түнемел қымыз.** э т н. *Ашығаннан кейін бір түн тұрған, күн асқан кешегі қымыз.*

**ТҮНЕМЕЛДЕ=** е т *Бір жерге түнеп, қону.*

**ТҮНЕМЕЛДЕУ** *Түнемелде етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕМЕЛЕТ=** е т. *Малды қораға айдап келмей, өрісте түнету.*

**ТҮНЕМЕЛЕТУ** *Түнемелет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕМЕЛҚАП** з а т. *Туристерге арналған қап түріндегі арнайы «төсек».*

**ТҮНЕМЕЛІК** з а т. *Түнгі ұйықтайтын кез.*

**ТҮНЕР=** е т. **1.** *Бұлттың бір жерге шоғырланып, аспан күмбезін жабуы; күңгірт тарту, қарауыту.* **2.** а у ы с. *Қабағын түю, ренжу.*

**ТҮНЕРТ=** е т. **1.** *Қарауыту, күңгірт тартқызу, бұлыңғырландыру.* **2.** а у ы с. *Қайғырту, еңсені түсіру.*

**ТҮНЕРТПЕК** з а т. б о т. <лат. glycyrrhiza echinata> *Мияның бір түрі; тікенді мия, бас мия.*

**ТҮНЕРТУ** *Түнерт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕРУ** *Түнер етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕРІҢКІ** с ы н. **1.** *Түнерген, қарауытқан, бұлыңғыр (ауа райы).* **2.** а у ы с. *Қабағы қатулы, ренішті (адам).*

**ТҮНЕРІҢКІРЕ=** е т. **1.** *Аздап түнеру, күңгірттене түсу.* **2.** а у ы с. *Қабағын түкситіңкіреу, ренжіңкіреу.*

**ТҮНЕРІҢКІРЕУ** *Түнеріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕРІС=** е т. *Қабақтарын қарс жабысу, түксиісу.*

**ТҮНЕРІСУ** *Түнеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕТ=** е т. *Қондыру.*

**ТҮНЕТУ** *Түнет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қондыру.* **2.** *Малды қораға әкелмей, түнге өрісте қалдыру.*

**ТҮНЕТІЛ=** е т. *Қондырылу.*

**ТҮНЕТІЛУ** *Түнетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕТІС=** е т. *Қондырысу.*

**ТҮНЕТІСУ** *Түнетіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНЕУ** *Түне етістігінің қимыл атауы; қону.*

**ТҮНЕУГҮНГІ** ү с т. *Бұдан бірнеше күн бұрынғы.*

**ТҮНЕУГҮНІ** ү с т. *Бұдан бірнеше күн бұрын.*

**ТҮНЕУГІ** ү с т. с ө й л. ***Түнеугүні.***

**ТҮНЕУГІДЕЙ** ү с т. с ө й л. *Бұдан бірнеше күн бұрынғыдай.*

**ТҮНЖАПЫРАҚ** з а т. б о т. <лат. coluria> *Жапырақтары сабағының түбіне топтанып бітетін шөптесін өсімдік.*

**ТҮНКЕЛІ** з а т. ж е р г. *Шөбі шүйгін, шұрайлы, тың жер.*

**ТҮНСӘУЛЕ** з а т. б о т. *Түнсұлугүл.*

**ТҮНСҰЛУГҮЛ** з а т. б о т. *Түнсәуле.*

**ТҮН-ТҮНЕК** з а т. *Ештеңе көрінбейтін, меңіреу қара түн; ауыр азап, қайғы-қасірет.*

**ТҮНІКЕ**[1] з а т. ж е р г. *Үй төбесінің шатырын жабатын қаңылтыр.*

**ТҮНІКЕ**[2] з а т. б о т. *Сабағы тік өсетін, көпжылдық өсімдік.*

**ТҮНІКЕЛЕ=** е т. ж е р г. *Төбесінің шатырын қаңылтырлау, қаңылтырмен жабу.*

**ТҮНІКЕЛЕУ** *Түнікеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮНІКЕЛІ** с ы н. *Қаңылтыр шатырлы.*

**ТҮҢЕЙТ** з а т. ***Иірім.***

**ТҮҢКЕ** з а т. ж е р г. **1.** *Қаңылтыр.* **2.** *Май құю үшін жасалған қаңылтыр ыдыс.*

**ТҮҢЛІК** з а т. с ө й л. ***Түндік.***

**Түңлік басы.** ж е р г. ***Түндік басы.***

**ТҮҢІЛ=** е т. *Күдер үзу, қол үзу, безу, торығу.*

**ТҮҢІЛГІШ** с ы н. *Күдер үзгіш, торыққыш.*

**ТҮҢІЛДІР=** е т. *Күдер үздіру, қол үздіру, бездіру, торықтыру.*

**ТҮҢІЛДІРУ** *Түңілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮҢІЛТ=** е т. *Күдер үздірту, бездірту, торықтырту.*

**ТҮҢІЛТУ** *Түңілт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮҢІЛУ** *Түңіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮҢІЛУШІЛІК** з а т. *Күдер үзушілік, торығушылық.*

**ТҮҢІЛІС**[1]**=** е т. *Күдер үзісу, торығысу, қамығысу.* **Түңіліс білдірісті.** к і т. *Түңіліп қалғанын аңғартысты.*

**ТҮҢІЛІС**[2] з а т. *Күдер үзушілік, тарығушылық.*

**ТҮҢІЛІСУ** *Түңіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮП** з а т. **1.** *Су қоймаларының астындағы жер қабаты.* **2.** *Бір нәрсенің төменгі, ішкі қабаты.* **3.** а у ы с. *Түкпір, шет.* **4.** *Ағаштың, шөптің т.б. өсімдіктердің жерге кіріп тұрған бөлімі.* **5.** *Өсіп тұрған өсімдіктің, бұтаның әрбір данасы, шоғыры.* **6.** а у ы с. *Бір нәрсенің жаны, қасы.* **7.** а у ы с. *Шыққан тегі, негізі.* **8.** а у ы с. *Ақыры, тоқтар жері.*

**Түбі бірге тұтпейді.** *Тегі бірдің араздығы жоқ.* **Түбі көрініп қалды.** *Таусылуға жақындады, бітуге таяды.* **Түбін көздеді.** *Ақырын бақты, әліптің артын бақты, кейінгісін ойлады.* **Түбіне балта тиді.** *Түп-тамырымен құрып кетті.* **Түбіне жетті.** *Жоғалтты, құртты.* **Түбін түсірді**. *Шегіне жеткізе істеді.* **Түбің түскір**. *Бар болғыр, шырқың бұзылғыр!* **Түбі түскен шелектей даңғырлады.** с ө й л. *Алды-артын ойламай ойындағысын түгел бүкпей алаңғасарланып айтып салды.* **Түбі шикі.** *Анық-танығы күмәнды.* **Түп етегінен ұстады.** *Мықтап ұстады, айырылмастай болды, қыр соңынан қалмады.* **Түп етектен алды.** а) *Мықтап ұстады, айырылмады, жібермеді.* ә) *Қырсығын тигізді, зиян келтірді.* **Түп жоқ**. а) *Шегі жоқ, есебі жоқ.* ә) *Мешкей, жалмауыз.* **Түп қазық**. *Негізі, тірегі.* **Түп ие.** д і н и. *О баста жаратушы.* **Түп тамыры [атасы].** *Арғы түбі, негізі.* **Түп тамырымен құртты.** *Мүлдем жоқ қылды, ештеңесін қалдырмады.*

**ТҮПЕЛЕК** з а т. ж е р г. *Қыста туған төлдер үшін қазылып дайындалған жертөле.*

**ТҮПКІ** с ы н. **1.** *Түкпірдегі, шеткі.* **2.** а у ы с. *Негізгі, бастапқы.*

**Түпкі бөлме.** *Үйдің жоғары жағындағы, көп кіре бермейтін қуыстағы бөлме.* **Түпкі жазба.** и н ф. <ағыл. root record> *Иерархиялық мәліметтер базасындағы бастапқы жазба.* **Түпкі каталог.** и н ф. <ағыл. root directory> *Берілген дискіде басқа бірде-бір каталогтың туынды каталогы болып табылмайтын каталог; дискідегі ең жоғары деңгейдегі каталог.* **Түпкі мағына.** л и н г в. *Түпкі түбірі қазіргі тілімізде әрі қарай бөлшектенбей түбір ретінде танылатын дербес сөздердің мағынасы.*

**ТҮПКІЛІК** с ы н. с ө й л. ***Түпкіліктi.***

**ТҮПКІЛІКТІ** с ы н. *Тұрақты, түбегейлі, баянды.*

**Түпкілікті ес.** п с и х о л. *Қабылдаған нәрселерді, құбылыстарды, олардың белгі-қасиеттерін ұзақ уақыт бойы есте қалдыратын адамның жүйке жүйесінің қызметінің түрі.*

**ТҮПКІР** з а т. с ө й л. ***Түкпір.***

**ТҮПКІШ** с ы н. *Түпкілікті, негізделген.*

**ТҮПҚАЗЫҚ** с ы н. *Негізгі, басқы.*

**ТҮПНҰСҚА** з а т. <лат. originalis> *Алғашқы негіз, бастапқы үлгі, нұсқа; автордың төлтума қолжазбасы.*

**ТҮПНҰСҚАЛЫҚ** с ы н. *Түпнұсқаға қатысты.*

**ТҮПСІЗ** с ы н. *Түбіне ешкім жете алмайтын тұңғиық, шексіз терең.*

**Түпсіз тереӊ.** *Шетсіз, шексіз.* **Түпсіз кеспек.** *Ала беретін, сіңіре беретін, тойымсыз.* **Түпсіз шыңырау.** а) *Өте терең, терең қазылған шыңырау.* ә) *Алыс, барса келмес.* б) *Таяз емес, терең көл, теңіз.* в) *Биік жартастың құлама дүзі.*

**ТҮПСІЗДІК** з а т. *Шексіздік, тереңдік, тұңғиықтық.*

**Түп-тамырымен жойылды.** *Түп-тамырына балта шабылды, біржола тып-типыл етілді.*

**ТҮПТЕ=** е т. **1.** *Өсімдіктердің түбін топырақпен қомақтап көму.* **2.** *Өсімдіктердің тамырлануы, тамыр жаюы; түп салу.* **3.** *Бір затқа түп жасау.* **4.** *Кітап беттерін не парақ қағаздарды бір түпке біріктіру.* **5.** а у ы с. *Бір нәрсені шегіне жеткізу, тереңдеп бару.*

**Түптеп келгенде.** *Негізінен алғанда, турасын айтқанда.*

**ТҮПТЕЛ=** ет. **1.** *Шоқтану, топтасу.* **2.** *Кітап парақтарының түпке біріктірілуі.*

**ТҮПТЕЛУ** *Түптел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮПТЕН=** ет. *Түп алу.*

**ТҮПТЕНУ** *Түптен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮПТЕС[1]=** ет. *Өсімдіктің түбін шабысу, қопсытуға көмектесу.*

**ТҮПТЕС[2]** сын. *Түп негізі бір, аталас.*

**ТҮПТЕСУ** *Түптес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮПТЕТ=** ет. **1.** *Түп жасату.* **2.** *Өсімдік түбін шапқызу.* **3.** ауыс. *Тұжырымдату.*

**ТҮПТЕТУ** *Түптет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮПТЕУ** *Түпте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮПТЕУЛІ** сын. ***Түптелген.***

**ТҮПТЕУШІ** зат. *Түп жасаушы, бір түпке біріктіруші.*

**ТҮПТІК** сын. *Түпке қатысты, түпке тән.*

**Түптік морена.** геол. *Негізгі морена, мұздық табанымен тасымалданған, жұмырланған, өңделген, сынған таужыныстар.* **Түптік мұз.** сушар. *Су түбіне шөккен немесе су қабатындағы жүзбе мұздар.* **Түптік шөгінділер.** сушар. *Табиғи, сондай-ақ техногендік заттектерден суқойма ішінде физикалық-химиялық және биохимиялық процестер нәтижесінде су объектісінің түбінде түзіліп, тұнбаға түсетін түптік тасындылар мен қатты бөлшектер.*

**ТҮПТІЛІК** зат. ауылшар. *Өсімдік түбінің шоғырланып өсуі.*

**ТҮП-ТҰҒИЯН** зат. сөйл. ***Түп-тұқиян.***

**ТҮП-ТҰҚИЯН** зат. *Үрім-бұтақ, ататек.* **2.** ауыс. *Түгел, бәрі.*

**ТҮП-ТҮГЕЛ** есім. *Шып-шырғасы шықпаған, барлығы, тегіс.*

**ТҮП-ТҮРКІ** зат. *Ең алғашқы, су байырғы түркілер.*

**ТҮПШАЙМА** зат. геол. *Табиғи бос түзілімдерді немесе ұсақталған тау жыныстарын шайқағанда түбіне шөгетін ауыр минералдардың концентраты.*

**ТҮР[1]** зат. *Бет-әлпет, ажар-көрік, өң-түс.*

**Түр салу.** этн. қолөнер. *Киізге, кілемге т.б. әртүрлі түспен өрнек салу.* **Түрге енді.** *Безенді, құлпырды, жайнады.* **Түрі бар.** *Ыңғайы бар, ойы бар, мақсаты ұстаған, ниет көздеген.* **Түрі жат.** *Өзгеден бөлекше, әдеттегіден басқаша.* **Түрі қашты.** *Өңі бұзылды, қуарды; қорқып кетті.* **Түрінен көрініп тұр.** *Бәрі ап-айқын, бет-әлпетінен белгілі.*

**ТҮР[2]** зат. **1.** терм. *Белгілі бір заттың бір текті тобы.* **2.** биол. <лат. species> *Тірі ағзалар жүйесіндегі негізгі құрылымдық бірлік, олардың эволюциясының сапалық сатысы; биологиялық жіктелімдегі негізгі таксономиялық категория.*

**Түр жеткісіз.** стиль. *Алуан түрлі, түрлі-түсті.* **Түр критерийлері.** биол. *Бір түрге жататын ағзалардың жеке дарабастарының бәріне тән ерекше белгілерінің жиынтығы.* **Түр түзілу.** биол. *Жаңа түрдің пайда болуы, өте күрделі әрі ұзақ уақыт аралығын қамтитын эволюциялық процесс.*

**ТҮР=** ет. **1.** *Бір нәрсенің шетін жоғары қарай шиыршықтап қайыру, көтеру.* **2.** ауыс. *Ыдырату, тарату.*

**Түре қуды.** *Өкшелеп соңына түсті.*

**ТҮРГІЗ=** ет. *Жоғары қарай қайырту, көтерту.*

**ТҮРГІЗУ** *Түргіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРДІР=** ет. *Түргізу, жоғары қайырғызу.*

**ТҮРДІРУ** *Түрдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕ:** **түре айтыс.** фольк. этн. *Ер-әйел екі-екіден жұптасып, төрт кісінің қара өлеңмен айтысатын, қысқа да тез бір-бір ауыз өлеңмен жауаптасатын айтыс түрі.* **Түре қуды.** *Өкшелеп соңына түсті.*

**ТҮРЕГЕ=** ет. сөйл. *Түрегел, орнынан тұру, көтерілу.*

**ТҮРЕГЕЛ=** ет. *Отырған орнынан тұру.*

**ТҮРЕГЕЛГІЗ=** ет. *Орнынан тұрғызу.*

**ТҮРЕГЕЛГІЗУ** *Түрегелгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕГЕЛДІР=** ет. ***Тұрғызу.***

**ТҮРЕГЕЛДІРУ** *Түрегелдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕГЕЛТ=** ет. *Орнынан тұрғызу, тұрдырту.*

**ТҮРЕГЕЛТУ** *Түрегелт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕГЕЛУ** *Түрегел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕГЕЛІС=** ет. *Орындарынан көтерілісу.*

**ТҮРЕГЕЛІСУ** *Түрегеліс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕН[1]** зат. кәс. *Соқаның жер жыртатын тісі, жүзі.*

**ТҮРЕН[2]** зат. жерг. *Қайықтың алдыңғы жағындағы қуыс, орын.*

**ТҮРЕНДЕ=** ет. *Жер жырту.*

**ТҮРЕҢДЕУ** *Түреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЕ-СҮРЕ** зат. *Түре және сүре айтыс.*

**ТҮРКЕБАЛЫҚ** зат. зоол. *Ұзындығы 64 – 65 см болатын албырт балық тұқымдасына жататын балық.*

**ТҮРКЕЙ** сын. *Сауатсыз, надан.*

**ТҮРКИЗМ** зат. лингв. *Белгілі бір тілдегі түркі тілдерінен ауысып, шет тілдік элементтер ретінде қабылданатын сөз не оралым.*

**ТҮРКОЛОГ** зат. *Түркітану мәселелерімен айналысатын маман.*

**ТҮРКОЛОГИЯ** зат. *Түркітектес халықтардың тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылымдар жиынтығы.*

**ТҮРКІ** сын. ғыл. *Түркі дүниесіне, халықтарына тән, оларға ортақ, мәдениетіне қатысты.*

**Түркі атбұршағы.** бот. *Атбұршақтың бір түрі.* **Түркі бұршағы.** бот. *Түркі атбұршағы.* **Түркі гүлі.** бот. *Сәндік үшін гүлзарларда қолдан егілетін мәдени өсімдік. [Негізгі отаны – Түркі елі].* **Түркі дүниетанымы.** мәд. *Дәстүрлі қазақ ұлттық-мәдени ұстындарының бастауы – әлемнің, болмыстың, адамның мақсаты мен өмірінің мәнін, оның құндылықтық әлемін тануға бағытталған біртұтас әмбебап көзқарас.* **Түркі қызғалдағы.** бот. *Қызғалдақтардың түп-төркіні түркі жұрты болғандықтан, еуропалықтар оны түркі қызғалдағы деп атаған.* **Түркі тектес.** *Түркі халықтарына, түркі тілдеріне жататын.* **Түркі тілдері.** лингв. *Түркі халықтарының тілі; шығу тегі бір, грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі ұқсас, негізгі сөздік қоры ортақ, белгілі тарихи жағдайларда, дәуірлерде қалыптасып, бүгінде жеке-жеке, өз алдына дербес тіл болып саналатын жиырмадан астам түркі халықтарының тілдері.* **Түркі тілдерінің қарлұқ тобы.** лингв. *Құрамына ұйғыр, өзбек тілдері кіретін түркі тілдерінің бір тобы.* **Түркі халықтары.** *Еуразия құрлығының көп бөлігін ежелден мекендеп келе жатқан этностар мен этникалық топтардың жиынтық атауы.*

**ТҮРКІТАНУ** зат. *Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, этнографиясын, тарихын, ауыз әдебиетін, мәдениетін зерттеу нәтижесінде қалыптасқан шығыстану ғылымының жеке саласы.*

**ТҮРКІТАНУШЫ** зат. *Түркітану мәселелерімен айналысатын маман.*

**ТҮРКІТІЛДІ** сын. кіт. *Түрік тілінде сөйлейтін, ана тілі түрік тілдерінің бірі болып табылатын.*

**ТҮРЛЕ=** ет. **1.** *Әрін кіргізу, әдемілеу, сәндеу.* **2.** *Түр-түрге бөлу, әртүрлі ету.*

**ТҮРЛЕН=** ет. **1.** *Сәндену, әрлену, құлпыру.* **2.** ауыс. *Құбылу, өзгеру, даму.*

**ТҮРЛЕНДІР=** ет. **1.** *Сәндендіру, әрін кіргізу.* **2.** *Алуан түрлі ету, құбылту.*

**ТҮРЛЕНДІРГІШ** зат. инф. <ағыл. converter> **1.** *Мәліметтерді бір ортадан екінші ортаға ауыстыру кезінде жеткізілетін сигналдар деңгейін түрлендіру, жеткізу жылдамдығын өзгерту құрылғысы.* **2.** *Мәліметтерді бір пішімнен екінші пішімге түрлендіру ісін орындайтын бағдарлама.*

**Түрлендіргіш техника.** тех. *Электрлік түрлендіргіштер, электр техникасының электр энергиясын түрлендіру тәсілдері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын саласы; түрлендіргіш құрылғылар жиынтығы.*

**ТҮРЛЕНДІРУ** *Түрлендір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәндендіру, әрлендіру.* **2.** мат. *Кез келген X жиынындағы α-дің өз-өзіне бейнелеуі.*

**ТҮРЛЕНДІРІЛ=** ет. *Әртүрлі мазмұн, пішінмен т.б. байытылу.*

**ТҮРЛЕНДІРІЛУ** *Түрлендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЛЕН-ҚАСҚЫР** зат. фольк. *Байырғы қазақ ертегі-аңыздарында адам кейпіне енетін қасқыр бейнесі.*

**ТҮРЛЕНТ=** ет. **1.** *Құбылту.* **2.** *Құлпырту.*

**ТҮРЛЕНТУ** *Түрлент етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЛЕНУ** *Түрлен етістігінің қимыл атауы; өзгеру.*

**Түрлену өнері.** өнер. *Театр мен кинода актердің сахнада (немесе кинофильмде) басқа адам кейпінде әрекет жасау қабілеті.*

**ТҮРЛЕС** сын. *Түрі ұқсас, реңдес.*

**ТҮРЛЕТ=** ет. *Түрлендіру, түрлі-түсті ету.*

**ТҮРЛЕТУ** *Түрлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРЛІ** сын. *Әр алуан, әрқилы.*

**Түрлі түсті.** *Әртүрлі түске боялған, гаммадағы барлық түсті көрсететін.* **Түрлі түсті дисплей.** инф. <ағыл. color display> а) *Ақпарат мәтінін түрлі түсті етіп шығара алатын электрондық сәулелік түтікше.* ә) *Түрлі түсті кескін беретін экраны бар дисплей.* **Түрлі-түсті бор.** *Тақтаға және т.б. қатты заттарға сурет салуға арналған балалар құралы.*

**ТҮРЛІЛІК** зат. *Әрқилылық.*

**ТҮРЛІ-ТҮРЛІ** сын. *Сан түрлі, алуан түрлі.*

**ТҮРЛІШЕ** сын. *Әртүрлі, түрлі-түрлі.*

**ТҮРМЕ[1]** зат. *Қылмыстыларды қамайтын орын, абақты.*

**Түрмеге салды.** *Түрмеге жапты, қамады.*

**ТҮРМЕ[2]** сын. *Бір заттың түріліп тұратын, түрілетін (бөлігі). // Түрілетін бөлік.*

**Түрме бөрік.** этн. *Төбесі жібекпен тысталған, жан-жағы жоғары қарай қайырылып киілетін бөрік.*

**ТҮРМЕ[3]** зат. этн. *Ер қасының үстіңгі жағы.*

**ТҮРМЕ[4]** зат. жерг. ***Түрме белбеу.***

**Түрме белбеу.** этн. *Жібек матадан жасалған ұзын әдемі белбеу.*

**ТҮРМЕЛЕ[1]=** ет. *Жоғары көтеру, түру.*

**ТҮРМЕЛЕ[2]=** ет. сөйл. *Түрмеге қамау, абақтыға отырғызу.*

**ТҮРМЕЛЕУ** *Түрмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРМЕЛІ** сын. *Терілетін, түріліп қоятын.*

**Түрмелі перде.** *Әрбір тігістіктің бойына орнатылған сақиналар арқылы бекітілген тартқыш баудың көмегімен түріліп, түсірілетін перде.*

**ТҮРМЕШІ** зат. *Түрмені бақылайтын кісі.*

**ТҮРПЕТ** зат. сөйл. ***Түрпат.***

**ТҮРПІ[1]** зат. **1.** *Ағаштың кедір-бұдырын тегістеуге арналған, ұшкір сіректеу тістері бар құрал. //* ауыс. *Түрпіге ұқсас дөрекі, оғаш.*

**ТҮРПІ[1]** зат. зоол. <лат. tachyglossidae> *Сүтқоректілер класының жұмыртқа салатындар отрядының бір тұқымдасы, ехидна.*

**ТҮРПІДЕЙ** сын. *Түрпі сияқты.*

**Түрпідей тиді.** *Өте қатты батты; шаншудай қадалды, ауыр тиді.*

**ТҮРПІЛЕ=** ет. *Кедір-бұдырын кетіру, тегістеу.*

**ТҮРПІЛЕН=** ет. *Кедір-бұдырлану.*

**ТҮРПІЛЕНУ** *Түрпілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРПІЛЕУ[1]** сын. *Кесектеу, дөрекілеу.*

**ТҮРПІЛЕУ[2]** *Түрпіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРПІЛІК** сын. *Дөкірлік, анайылық, түрпайылық.*

**ТҮРПІОТ** зат. өс.сөйл. ***Егеуот.***

**ТҮРСІЗ** сын. *Сиықсыз, өңсіз.*

**ТҮРСІЗДІК** зат. *Түрі жоқтық, өңсіздік.*

**ТҮРТ=** ет. **1.** *Бір нәрсемен бірдемені шұқу, нұқу.* **2.** ауыс. *Еске сақтау үшін жазып алу.*

**Түрт, шайтан [сайтан] түрт.** *Бір бәле шықса деп тілеген кезде айтылады.*

**ТҮРТЕК** зат. *Оны-пұны күйбең жұмыс; қыбыр-қыбыр әрекет.*

**ТҮРТЕКТЕ=** ет. *Бір нәрсеге машықтану, үйренуге талпыну.*

**ТҮРТИ=** ет. *Томпайып буылтықтану, бүртию.*

**ТҮРТИТ=** ет. *Ернін шошайту, аузын бүртиту.*

**ТҮРТИТУ** *Түртит етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТИЮ** *Түрти етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТКІ** зат. **1.** *Бір істің басталуына әсер ететін себеп-салдар.* **2.** ауыс. *Біреуден көрген қорлық, зәбір-жапа, зорлық.*

**Түрткі болды.** *Қозғау салды, себеп болды.*

**ТҮРТКІЖАЙТ** зат. <лат. factor> *Белгілі бір жағдайдың туууына себеп болған нәрсе; фактор.*

**ТҮРТКІЛЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта түрту, шұқылау, нұқу.* **2.** ауыс. *Түйтіңдеп жазу-сызумен айналысу.* **3.** ауыс. *Тиісу, соқтығу, қудалау.* **4.** ауыс. *Жанын қоймау, мазасын алу.* **5.** ауыс. *Бір нәрсені қарастыру, іздестіру.*

**ТҮРТКІЛЕН=** ет. *Әр нәрсені бір түрту, шұқылану.*

**ТҮРТКІЛЕНУ** *Түрткілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТКІЛЕС=** ет. *Бір-бірін түртісу.*

**ТҮРТКІЛЕСУ** *Түрткілес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТКІЛЕТ=** ет. *Қайта-қайта түрткізу, шұқылату.*

**ТҮРТКІЛЕТУ** *Түрткілет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТКІЛЕУ** *Түрткіле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТКІШ** зат. *Бір нәрсені түртетін, шұқитын зат.*

**ТҮРТКІШТЕ=** ет. *Қайта-қайта шұқылау, түрткілеу.*

**ТҮРТКІШТЕУ** *Түрткіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТПЕ** зат. қолөнер. *Шапқы секілді ұшы қиғаш қайырылған, балғамен соға отырып әртүрлі сызық түсіруге, жазу жазуға қолданатын құрал.*

**ТҮРТПЕК** зат. **1.** *Қайта-қайта түртушілік, нұқығыштық.* **2.** ауыс. *Қуғын, сүргін, қақ-соқ.* **3.** ауыс. *Оны-пұны жұмыс.*

**ТҮРТПЕКТЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта түрткілеу, үсті-үстіне шұқылау.* **2.** ауыс. *Оны-пұны жұмыс істеу.* **3.** ауыс. *Бірдемені түртініп жазу.* **4.** ауыс. *Шет-пұшпақтап сыр тарту, бірдемені білгісі келу.*

**ТҮРТПЕКТЕН=** ет. *Әр нәрсені бір түрту, шұқылану.*

**ТҮРТПЕКТЕНУ** *Түртпектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТПЕКТЕС=** ет. *Бір-бірін түртісу, шұқыласу.*

**ТҮРТПЕКТЕСУ** *Түртпектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТПЕКТЕТ=** ет. *Үсті-үстіне түрткілеу, тоқтатпау.*

**ТҮРТПЕКТЕТУ** *Түртпектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТПЕКТЕУ** *Түртпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТУ** *Түрт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІН=** ет. *Шұқылану, әр нәрсені бір түрту.*

**ТҮРТІНДІ** зат. *Қағазға түскен белгі, ноқат.*

**ТҮРТІНЕК** зат. *Оны-пұны күйбең іс.*

**ТҮРТІНЕКТЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта түртіп қарау, іздеу.* **2.** ауыс. *Өз бетінше қарастыру, ізденү.* **3.** ауыс. *Ашып айта алмау, кібіртіктеу, күмілжу.*

**ТҮРТІНЕКТЕН=** ет. *Қайта-қайта түртіп қарану, іздеу.*

**ТҮРТІНЕКТЕНУ** *Түртінектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІНЕКТЕУ** *Түртінекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІНУ** *Түртін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІНШЕК** сын. **1.** *Әр нәрсені бір түрткілей беретін, түртімпаз.* **2.** ауыс. *Бірдемені білуге талпынғыш, ізденгіш.*

**ТҮРТІНШЕКТЕ=** ет. **1.** *Әр жерді түрткілеп, бір нәрсе іздеу.* **2.** ауыс. *Оны-пұны жұмыс істеу.*

**ТҮРТІНШЕКТЕН=** ет. *Әр жерді түрткілеп, бір нәрсе іздеу.*

**ТҮРТІНШЕКТЕНУ** *Түртіншектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІНШЕКТЕУ** *Түртіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІҢКІРЕ=** ет. *Түрте түсу, шұқыңқырау.*

**ТҮРТІҢКІРЕУ** *Түртіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРТІС=** ет. *Түртіп қалысу, бірін-бірі түртпектеу.*

**ТҮРТІСУ** *Түртіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРУ** *Түр етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРШЕК** зат. өс. жерг. *Өрік.*

**ТҮРШІГУ** *Түршік етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРШІГІС=** ет. *Үрейленісу, шошынысу, тітіркенісу, сескенісу.*

**ТҮРШІГІСУ** *Түршігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРШІК=** ет. *Бірдемені тұла бойы, денесі ұнатпай тітіркену, сескену.*

**ТҮРШІКТІР=** ет. *Сескендіру, шошындыру, тітіркендіру.*

**Түршіктіретін саңырауқұлақ.** өс. *Сыртқы түрі жағынан дубовикке ұқсайды, бірақ жұмсағы сынғанда әуелі қызарады да одан соң көгеріп кететін саңырауқұлақтың түрі.*

**ТҮРШІКТІРУ** *Түршіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРШІЛДІК** зат. әдеб. *Әдебиет пен өнердегі көркем түрге ерекше, шешуші мән беретін ағым.*

**ТҮРІК**[1] сын. *Көтеріңкі, түрілген, дүрдиген.*

**Түрік ерін.** *Дүрдиген үлкен ерін.*

**ТҮРІК**[2] зат. ***Түркі.***

**ТҮРІК**[3] зат. этнон. *Түркияның жергілікті тұрғын халқы, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың ең үлкен тобы.*

**Түрік дүниесі.** *Түркі халықтарының рухани құндылықтары.*

**ТҮРІКМЕНБАШЫ** зат. саяси. *Түрікменстандағы мемлекет басшысының атауы.*

**ТҮРІКМЕНДЕР** зат. этнон. *Түрікменстан Республикасының байырғы халқы.*

**Түрікмен тілі.** *Түркі тілдері тобының оғыз бұтағына жататын, түрікмен халқының тілі.* **Түрікмен құланы.** зоол. *Шөл және шөлейтті жерлердің жазықты, төбелі және қиыршық тасты жерлерін мекендейтін құланның бір түрі.*

**ТҮРІКПЕН**[1] зат. ***Түрікмен.***

**Түрікпен домбыра.** жерг. *Түрікмен домбырасының сырт пішініне ұқсатып, қазақ домбырасының ішегін тартқан музыка аспабы.* **Түрікпен мылтық.** жерг. *Сиракты, аузынан оқталатын шүріппелі мылтық.* **Түрікпеннің төрінде.** *Қиыр алыста, жырақ жерде.*

**ТҮРІКПЕН**[2] зат. жерг. ***Дүрбі.***

**ТҮРІКШІЛДІК** зат. саяси. *Түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым.*

**Түрікшілдік идеясы.** саяси. *Түркі дүниесі мен танымын, құндылықтарын жоғары қоятын елжандылық идеясы.* **Түрікшілдік жолы.** саяси. *Түрікшілдік ағымының ұстанған бағыты, қағидасы.*

**ТҮРІЛ=** ет. **1.** *Киіз үй есігінің сыртынан жабылған киіздің, не іргедегі киіздің қайырылып, ашылуы.* **2.** *Ерінннің дүрдиіп, көтерілуі.* **3.** ауыс. *Шырығу, ытырыну, дайындалу.*

**ТҮРІЛДІР=** ет. *Қопару, көтеру, дүрдиту.*

**ТҮРІЛДІРУ** *Түрілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРІЛТ=** ет. *Түрілдіру, қопару.*

**ТҮРІЛТУ** *Түрілт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРІЛУ** *Түріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРІМ** зат. кәс. *Балық аулайтын кемелердегі балықшылар жататын қуыс, текшелер, каюталар.*

**ТҮРІН=** ет. *Етек, жең, балақты қайырыну.*

**ТҮРІНУ** *Түрін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРІҢКІ** сын. **1.** *Жоғары қарай қайырылған, түрілген.* **2.** *Үстіңгі жағы көтеріңкі (ерін).*

**ТҮРІҢКІРЕ=** ет. *Аздап түре түсу.*

**ТҮРІҢКІРЕУ** *Түріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮРІС=** ет. *Қайырысу, көтерісу.*

**ТҮРІСУ** *Түріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮС**[1] зат. *Қиял процесінің ұйқы кезіндегі енжар бейнесі, ұйқы кезінде көрінетін елес.*

**Түс жорыды.** *Көрген түске болжам айтты.* **Түс жорытты.** *Көрген түсін біреуге, көріпкел кісіге айтып, болжатты.* **Түске енді.** *Белгілі бір түрге ие болды, басқаша бояу алды.* **Түске кірді.** а) *Арман болып қалды.* ә) *Түсінде көрді.* **Түс көргендей болмады.** *Тез, әп-сәтте өтті.* **Түс көрді.** *Ұйқыға жатып елес көрді.* **Түс секілді.** *Қимас нәрсе, арман нәрсе қас пен көздің арасынша, қас қағым сәтте өтті де кетті.* **Түсте көргендей.** *Қимас, бағалы, құнды сезімнің қас қағым сәт, тез өтуі туралы.* **Түстен кетпейді [шықпады].** *Үнемі түсінде көреді.* **Түсінде де көрмейтін.** *Өңі түрмақ, қиялында да елестете алмайтын.* **Түсіне енбестей.** *Ойға келмейтіндей, шындыққа жанаспайтындай, ақылға сыймайтындай.* **Түсіне енді.** а) *Түсінде көрді, түсіне кірді.* ә) *Әсері қатты болды, есінен шықпады.*

**ТҮС**[2] зат. **1.** *Адамның кескін-келбеті, бет-әлпеті, түрі.* **2.** этн. *Төрт түлік малдың бірі.*

**Түс айырысты.** *Түс шайысты, ренжісті.* **Түс ауды.** *Түс мезгілі өтті.* **Түс ат.** жерг. этн. *Қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат. Түс атқа ең аяулы жорға, жүйрігін таңдап алады.* **Түс жарды. Түс ашпады.** *Ішкі сырын сыртқа білдірмеді. Көңілденді, қабағы ашылды, жадырады.* **Түс жыртысты [шайысты].** *Қабақ шытысып, айтысып қалды, бір-бірімен ұрысты.* **Түс құбылтты.** *Түсін өзгертті, басқа түрге енді.* **Түс тоқтатып қарады.** *Анықтап қарады, бет-жүзін барлады.* **Түс түйе [айыр, нар].** жерг. *Нар мен аруананың арасынан шыққан асыл түйе.* **Түс шайысты.** *Ренжісті, ұрысты.* **Түсі бұзылды.** *Өңі қабарды, естіген сөзді, көрген істі ұнатпады.* **Түсі жақсы.** *Өңі жылы.* **Түсі жылы [игі].** *Жүзі жарқын, қайырымды, мейірімді.* **Түсі жібіді**. *Ашуы қайтты.* **Түсі жібімеді.** *Мейірі түспеді, жылы жүз білдірмеді.* **Түсі игіден [жақсыдан] түңілме.** *Жүзі жылы, келбетті кісіден жаманшылық шықпайды деген мағынада.* **Түсі кетті [түсін алды, алдырды].** *Өңі, реңі қуарды, бұзылды.* **Түсі кірді.** *Бетіне қан жүгірді, өңі кірді; көңілденді.* **Түсі қашты.** *Түрі бұзылды, өңі қашты.* **Түсі құбылды.** *Қорыққаннан не қуанғаннан бет әлпеті құреңітті.* **Түсін алдырмады [ашпады, көрсетпеді].** *Сыр білдірмеді, ештеңе сезбегендей кейіп көрсетті.* **Түсін биледі.** *Сыр бермеді.* **Түсін бояп көрсетті.** *Өңін айналдырды, басқаша етіп көрсетті.* **Түсін бұзды [суытты].** *Қабақ шытты, ашу шақырды, ызбарланды.* **Түсінен қорықты.** *Ұрысқа шықпай-ақ, бетпе-бет келмей-ақ, қарап жатып қорықты, айбынынан сескенді.* **Түсін жылытты.** *Күлімсіреді, ашуынан қайтты.* **Түсін солғындатты**. *Сапасын төмендетті.* **Түсі суық**. *Ызғарлы, айбынды.* Түсіне де кіріп шықпады. *Ойына да келмеді.*

**ТҮС**[3] зат. *Күннің қақ төбеге келетін, күн ыстығы артатын кезі, түс мезгілі.*

**Түс әлеті.** *Түс мезгілі.* **Түс қайта.** *Түс ауа, күннің ыстығы ауғанда.* **Түс қия.** жерг. *Түс ауып кеткен уақыт.* **Түс қыңа.** *Түс ауа, түс қайта.* **Түстен кейін.** *Түс ауа, ыстық қайта.*

**ТҮС**[4] зат. **1.** *Жеті спектрден – қызыл, көк, жасыл, сары, қара, қоңыр, ақ-бояудан тұратын заттың түсі, бояуы.* **2.** терм. *Спектрдің көрінетін бөлігіне сай*

*келетін электромагниттік сәулеленудің спектрлік құрамына және оның шағылысу қарқындылығына сәйкес көру сезімінде әсер тудыратын денелердің қасиеттері.*

**Түс даралау.** *Фото немесе кино түсіру ісінде нысаннан шығатын немесе шағылатын күрделі спектрлік құрамның бірнеше спектрлік диапазондарға жіктелу процесі.* **Түстер палитрасы.** инф. <ағыл. palette> *Дисплей экранындағы кескіндерді бейнелеуге мүмкіндік беретін түстердің жалпы саны, графикалық редакторлардағы сурет салу аспаптарына қажетті түстерді таңдау мүмкіндігі.*

**ТҮС**[5] үст. жерг. *Нағыз, тура.*

**ТҮС=** ет. **1.** *Көліктен шығу, аттан түсу.* **2.** *Жер бетінен тереңдікке, суға, шұңқырға ену, құлау.* **3.** *Бір жерге келіп орналасу, жайғасу.* // этн. *Жолаушының жолай ауылды жерге тоқтап, демалуы, дәм татуы.* **4.** *Жоғары оқу орнына емтихан тапсырып, қабылдану.* // *Оқуға, мектеп, медресеге бару.* **5.** *Жолға, бағытқа ыңғайлану, сол бағытпен жүру.* **6.** *Қызметтен босау, айырылу.* // этн. *Қонақ болу, үйге кіру, ат басын тіреу.* **7.** *Егістік жердің бір басынан екінші басына дейін шығу, бойлап түсу.* **8.** *Құлдилау, биік жерден төменге қарай жүру.* **9.** *Жоғарыдан төменге қарай салмақпен құлау.* **10.** *Таңбалану, бір нәрсенің белгісі салыну.* **11.** *Қамалу, байлану, бекітілу.* **12.** *Ажырау, жұлыну, алыну.* **13.** *Көлеңке, жарық, сәуле т.с.с білінуі, байқалуы.* **14.** жағымсыз. *Жаман жолға салыну, жаман іске берілу.* **15.** *Тап болу, ұшырау, пайда болу.* **16.** *Бомба т.б. жарылғыш заттардың құлап, жарылуы.* **17.** *Шешілу, киілмеу.* **18.** *Негізгі мағынаны беретін етістікке тіркесіп қимылдың тез, аяқ астынан болғанын білдіреді.* **19.** *Негізгі етістікке тіркесіп, қимылдың үдей түскенін, күшейгенін білдіреді.*

**ТҮСЕЛ** зат. этн. *Қонбай, түстеніп тамақ ішіп аттанатын қонақ.*

**Түсел түсетін.** а) *Кісі үзілмейтін, адам көп келетін.* ә) *Түскі тамақ берілетін, түскі қонақасы берілетін.*

**ТҮСЕЛДІ** сын. жерг. *Үйіне адамдар көп келетін дастарқаны жаюлы, кең.*

**ТҮСЕРЛІК** зат. жерг. *Бөктер етек.*

**ТҮСКЕР** зат. жерг. *Көрген түсі келетін, сәуегөй.*

**ТҮСКИІЗ** зат. этн. сөйл. ***Түскиіз.***

**ТҮСКІ** үст. *Түс әлетіндегі, түс кезіндегі.*

**Түскі [түстік] ас.** *Түс мезгілінде ішетін тамақ.* **Түскі дамыл.** *Түс кезіндегі үзіліс.*

**ТҮСКІЗ=** ет **1.** *Түсірту, түскізу.* **2.** *Түскіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСКІЛІК** зат. **1.** *Түскі уақыт, түскі мезгіл.* **2.** *Түс кезінде ішілетін тамақ, түстік.*

**ТҮСКІЛІКТЕЙ** үст. *Түскі тамағын іше, тамақтанып.*

**ТҮСҚАҒАЗ** зат. құрыл. ***Түсқағаз*** *(біркелкі немесе түрлі түсті бояу немесе бедер баспа тәсілімен салынған алуан түрлі өрнегі бар қағаз текті, бөлмелердің ішкі қабырғасына жапсырылатын түрлі-түсті бояуы бар орама қағаз).*

**ТҮССІЗ**[1] сын. *Түсі жоқ, мөлдір, тұнық.*

**Түссіз буа сөйледі.** *Алды-артына қаратпай, бастырмалатып сөйледі, жауап алды.*

**ТҮССІЗ**[2] зат. *Түс көрусіз, тыныш, тыныш.*

**ТҮССІЗДЕН=** ет. *Түсі болмау, мөлдір болу.*

**ТҮССІЗДЕНДІР=** ет. *Түсін алу, мөлдір ету.*

**ТҮССІЗДЕНДІРУ** *Түссіздендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮССІЗДЕНУ**[1] зат. кен. *Өңделетін материалдың түсінің жойылуына әкелетін технологиялық процесс.*

**ТҮССІЗДЕНУ**[2] 1. *Түссізден етістігінің қимыл атауы.* **2.** *Түсі болмау, мөлдір болу.*

**ТҮССІЗДЕУ** сын. *Түсі солғындау, күңгірттеу.*

**ТҮСТЕ=** ет. **1.** *Түсіне қарап тану, ажырату.* **2.** ауыс. *Таңдау, талғау, алалау.*

**Түстеп қарады**. *Назар аударып қарады, жете барлады.*

**ТҮСТЕЙ**[1] сын. *Көрген түс секілді, түс тәрізді.*

**ТҮСТЕЙ**[2] сын. *Түсі, түрі сияқты, түсі тәрізді.*

**ТҮСТЕЛ=** ет. *Боялу, түске ену.*

**ТҮСТЕЛУ** *Түстел етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕМДІ** сын. жерг. *Түсі белгілі.*

**ТҮСТЕН**[1]**=** ет. **1.** *Түскі тамақ жеу, түстік ішу.* **2.** ауыс. стиль. *Кідіру, тоқтау.*

**ТҮСТЕН**[2]**=** ет. *Белгілі бір түске ие болу, түрін өзгерту.*

**ТҮСТЕНЕЛІК** зат. жерг. *Түскі тамақ.*

**ТҮСТЕНДІР=** ет. *Түскі тамақ беру, қонақ ету.*

**ТҮСТЕНДІРУ** *Түстендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕНУ**[1] *Түстен*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕНУ**[2] *Түстен*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕНІС** зат. *Түстік, түскі ас.*

**ТҮСТЕС** сын. **1.** *Түсі сияқты, түрлес, өңдес.* **2.** *Үйлес, ұйқас.*

**ТҮСТЕСТІР=** ет. *Түрін еске түсіру, бейнесін көз алдына елестету.*

**ТҮСТЕСТІРУ** *Түстестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕТ=** ет. *Бояту, түске ендіру.*

**ТҮСТЕТУ** *Түстет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСТЕУ** *Түсте етістігінің қимыл атауы; малды түгендеу, малдың өң-түсін еске түсіріп, жоқ малды білу; тану.*

**ТҮСТІ**[1] сын. *Белгілі түсі бар, түстес.*

**Түсті металдар.** кен. *Темірден басқа барлық металдардың өнеркәсіптік атауы.* **Түсті металлургия өнеркәсібі**. кен. *Темірден басқа барлық металдарды кентастық шикізатты байытудан дайын өнім алуға дейінгі өндіріс сатысын қамтитын кешен.*

**ТҮСТІ**[2] сын. *Өңді, ажарлы, сүйкімді, әдемі.*

**ТҮСТІК**[1] зат. геогр. *Солтүстік бағытқа қарама-қарсы жатқан төрт құбыланың бірі, күнгей жақ, оңтүстік.*

**ТҮСТІК**[2] зат. **1.** *Түс кезінде ішіп-желінетін арнаулы тамақ, түскі ас.* **2.** ауыс. *Түске дейінгі уақыт.*

**Түстік жеді.** этн. *Түстенді, түскі тамақ жеді.* **Түстік жер [жол].** этн. *Көлікпен жарты күнде жететін қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ТҮСУ** *Түс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көліктен шығу, аттан түсу.* **2.** *Оқуға бару, қабылдану.* **3.** *Қызметтен босау, айырылу.* **4.** *Негізгі етістікке қосылып, тез, шапшаң өткен қимылды білдіреді.*

**ТҮСІК** зат. **1.** *Туар мерзіміне жетпей түскен өлі төл.* **2.** *Ай-күніне жетпей, ерте туылған шарана.*

**Түсік сіңіру.** малшар. *Буаз малдың қауіпті жағдайды алдын ала сезіп, ұрықты ағызып жіберуі, ауру, кінарат.*

**ТҮСІМ** зат. *Өндірілген өнім, алынған табыс, пайда.*

**Түсім ақша.** *Бір нәрсені сатудан алынған пайда, табыс ретінде алынған ақша.*

**ТҮСІМДІ** сын. *Табысы мол, өнімді.*

**ТҮСІН=** ет. **1.** *Мәтіннің мазмұнын меңгеру, білу.* **2.** *Сезіну, тану.* **3.** *Ұғыну, байыбына бару, мәнін білу.* **4.** *Бағалау, баға беру, қадірлеу.* **5.** *Белгілі бір елдің тілін білу, өзге тілде сөйлесе алу.* **6.** *Хабары болу, аздап білу.* **7.** *Ғылымды, білімді игеру, меңгеру.*

**Түсінсем бұйырмасын.** *Түк түсінгенім жоқ деген мағынада.*

**ТҮСІНБЕСТІК** зат. *Теріс пікір, білместік, ағаттық.*

**ТҮСІНБЕУШІЛІК** зат. *Ұқпаушылық, түсіне қоймаушылық.*

**ТҮСІНГІШ** сын. *Сезгіш, байқағыш.*

**ТҮСІНДІР=** ет. **1.** *Түсініксіз нәрсенің мәнін ашу, болған мән-жайды баяндау.* **2.** *Үйрету, ұғындыру, түзу жолға салу.* **3.** *Негізін ашу, ғылыми тұрғыдан ұғындыру.*

**ТҮСІНДІРГІШ** сын. **1.** *Түсініктемесі мол, түсіндірмелі.* **2.** *Мән-жайды талдап ұғындырғыш.*

**ТҮСІНДІРМЕ** зат. **1.** *Бір нәрсенің мән-мағынасын ашатын сипаттама.* **2.** *Болған істі жазбаша түрде баяндайтын түсініктеме.*

**Түсіндірме сөздік.** лингв. *Белгілі бір тілдің сөздік қорын жүйелеп, мағыналарын ашатын сөздіктің түрі.*

**ТҮСІНДІРМЕЛІ** сын. *Түсіндірмесі бар, түсіндірмесі айтылатын, берілетін.*

**Түсіндірмелі сабақтас.** лингв. *Сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінде белгілі бір жайт сөз болып, оның мән-мағынасы, түсінігі басыңқы компонентте айқындалатын сабақтас сөйлем.* **Түсіндірмелі салалас**. лингв. *Синтаксистік компоненттерінің алғашқысында айтылған іс-әрекет, оқиға желісінің мәні кейінгі компонентте сараланып, түсіндіріліп, ашылып отыратын құрмалас сөйлем.*

**ТҮСІНДІРУ** *Түсіндір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мән-жайды ашу, баяндау.* **2.** *Негіздеу, ұғындыру.*

**ТҮСІНДІРІЛ=** ет. *Ұғындырылу, мәні ашылу.*

**ТҮСІНДІРІЛУ** *Түсіндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНДІРІҢКІРЕ=** ет. *Баяндай түсу, анықтаңқырау.*

**ТҮСІНДІРІҢКІРЕУ** *Түсіндіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНДІРІС=** ет. *Ұқтырысу, байыбын, мәнін ашысу.*

**ТҮСІНДІРІСУ** *Түсіндіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНУ** *Түсін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мәніне жету, бағалау.* **2.** *Терең сезіну, білу, ұғыну.* **3.** *Ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу.*

**ТҮСІНІК** зат. **1.** *Бір нәрсе жайлы қалыптасқан ұғым.* **2.** *Зат туралы тұрақталған ой, пікір.* **3.** *Бір нәрсе туралы берілетін ақпар, мәлімет.* **4.** *Түсініктеме.*

**Түсінігі жоқ**. *Санасы төмен, қарабайыр, қараңғы.*

**ТҮСІНІКСІЗ** сын. **1.** *Анық емес, күңгірт; ұғуға болмайтын.* **2.** *Таныс емес, көне, сирек кездесетін.* **3.** *Абың-күбің, алас-қапас.*

**ТҮСІНІКСІЗДІК** зат. *Түсінігі жоқтық.*

**ТҮСІНІКСІЗДЕУ** сын. *Анық емес; күңгірттеу, белгісіздеу.*

**ТҮСІНІКТЕМЕ** зат. **1.** *Бір нәрсе жайлы деректеме, анықтама.* **2.** ресми. *Қызмет бабында ресми түрде анықтауды қажет ететін мәселелер туралы себебін айтып жазатын хат, құжат.* **3.** әдеб. *Көркем шығарманың қандай жағдайда, қай уақытта жазылғаны жайлы анықтама, оның идеялық мазмұнын, құрылым бітімін терең танып-білуге қажетті деректер.* **4.** *Сөйлеген сөзге, мәтінге берілген анықтама, түсіндірме.* **5.** инф. <ағыл. comment> *Алғашқы программадағы түсінік беретін мәтін; программаның орындалуына әсер етпестен программаға кейбір түсінік ретіндегі мәтіндерді қосуға мүмкіндік беретін қарапайым құрылым.*

**Түсініктемелер терезесі**. инф. <ағыл. assisted panel> *Бағдарлама берілген сәттегі пайдаланушының мүмкін әрекеттері туралы ескертпе шығаратын интерактивтік жүйелердегі дисплей экранының бөлігі.* **Түсініктеме операторы.** инф. <ағыл. comment statement> *Түсініктеме мәтінді көрсетуге (енгізуге) арналған бағдарламалау тілінің операторы.*

**ТҮСІНІКТЕМЕШІ** зат. *Түсінік беруші радио-телевизия қызметкері.*

**ТҮСІНІКТІ** сын. **1.** *Белгілі, анық, айқын.* **2.** *Түсінігі бар, көзі ашық.*

**ТҮСІНІКТІЛЕУ** сын. *Белгілілеу, анығырақ, айқындау.*

**ТҮСІНІКТІЛІК** сын. **1.** *Айқындылық, анықтылық, ұғымдылық.* **2.** экон. *Қаржы есептемесінің сапалық сипаттамасы.*

**ТҮСІНІКТІРЕК** сын. *Айқынырақ, анығырақ.*

**ТҮСІНІЛ=** ет. *Ұғынылу, мәні ашылу.*

**ТҮСІНІЛУ** *Түсініл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНІМПАЗ** сын. *Бір нәрсені тез түсінгіш, ұғымтал.*

**ТҮСІНІҢКІРЕ=** ет. *Бір нәрсені ұғыныңқырау, байыбына барыңқырау.*

**ТҮСІНІҢКІРЕУ** *Түсініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНІС** зат. көне. *Тіл табысу, ұғынысу, өзара үйлесу.*

**ТҮСІНІС=** ет. *Өзара тіл табысу, сөзі жарасу.*

**ТҮСІНІСТІК** зат. *Тіл табысушылық, келісушілік, өзара ұғынушылық.*

**Түсіністік жайлы меморандум**. саяси. *Келісімді қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша ақпараттар беретін немесе келіссөздің түсініктілігі мен ұғындырылуын нақтылайтын халықаралық келісімге тіркелген құжат.*

**ТҮСІНІСТІР=** ет. *Тіл табыстыру.*

**ТҮСІНІСТІРУ** *Түсіністір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНІСУ** *Түсініс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІНІСУШІЛІК** зат. *Бірін-бірі ұғушылық.*

**ТҮСІҢКІ** сын. **1.** *Төмен түскен, салбыраңқы.* **2.** ауыс. *Көңілі жабығыңқы, ренішті.*

**Түсіңкі жыланбас**. өс. <лат. dracocephalum nutans> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 20–70 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТҮСІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Төмен қарай аздап түсу, салбыраңқырау.* **2.** ауыс. *Жабығыңқырау, реніжіңкіреу.*

**ТҮСІҢКІРЕУ** *Түсіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІР=** ет. **1.** *Біреудің аттан, көліктен түсуіне жәрдемдесу.* **2.** *Жерге тік қою.* **3.** этн. *Жолаушыны, құдайы қонақты құшақ жая қарсы алу, үйінен дәм татыру.* **4.** *Біреуді орналастыру, орын тауып беру, кіргізу.* **5.** *Ылдилату, құлдилату, сайға құлау.* **6.** *Төгу, әкеліп үйіп тастау.* **7.** *Мол пайда табу.* **8.** *Алып беру, ие болу.* **9.** *Негізгі етістікке тіркесіп, қимылдың тез, шапшаң орындалғанын білдіреді.*

**ТҮСІРГІ: түсіргі иілімдері**. кен. *Скиптер мен төңкерілмелі клеттерді механикалық (еріксіз) түсіруге арналған, шахта оқпанының жоғарғы қабылдау алаңшасында орнатылатын, пішіні иілген арнайы металл құрылымдар.*

**ТҮСІРГІШТЕР** зат. кен. *Бункерден материалдың белгіленген жылдамдықпен және белгіленген көлденең қимамен үзбей берілуін жүзеге асыратын құрылғылар.*

**ТҮСІРТ=** ет. **1.** *Әкелдіру, беру.* **2.** *Біреудің көліктен түсуіне жәрдемдесу.*

**ТҮСІРТУ** *Түсірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІРУ** *Түсір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстау, қолға түсіру, ие болу.* **2.** кен. *Тазартып қазып алу кеңістігінен немесе сақтау орнынан жүйелі түрде жарылған пайдалы қазылымдарды өз салмағымен тік қазба арқылы түсіріп (ағызып) алу.* **3.** инф. <ағыл. preemption, outswap, swap out> *Көп есепті жүйелерде – маңызы жоғары басқа есепке орын босату мақсатында ағымдағы есепті жедел жадтан дискіге жылжыту; процестің немесе есептің күйін сыртқы жадта сақтау.*

**Түсіру ауданы**. әск. *Теміржолмен немесе сужолдарымен тасымалдау кезінде әскер мен материалдық заттарды түсіру жұмыстары жүргізілетін аудан.*

**ТҮСІРУЛІ** сын. *Түсіріліп қойылған, түсіп тұрған.*

**ТҮСІРІЛ=** ет. **1.** *Жүктің көліктен алынып, жерге қойылуы.* **2.** *Босатылу, ағытылу, шешілу.* **3.** *Салыну, ендірілу, қойылу.*

**ТҮСІРІЛУ** *Түсіріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Зат, жүктің көлікпен әкелдірілуі, кіргізілуі.* **2.** ауыс. *Қызметтен төмендетілу, айырылу.*

**ТҮСІРІЛІМ** зат. өнер. *Фильмнің кинотаспаға жазылу үдерісі.*

**ТҮСІРІМДІ**[1] сын. жерг. *Түсімді, өнімді.*

**ТҮСІРІМДІ**[2] сын. жерг. *Қонымды (киім).*

**ТҮСІРІҢКІРЕ=** ет. *Төмен қарай түсіре түсу, салбыратыңқырау.*

**ТҮСІРІҢКІРЕУ** *Түсіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІРІС=** ет. *Зат, жүкті көліктен алысу, түсіруге көмектесу.*

**ТҮСІРІСУ** *Түсіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮСІС=** ет. *Көліктегілердің жапырлай жерге түсуі.*

**ТҮСІСУ** *Түсіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТ**[1]**=** ет. *Жүнді түйіртпегінен жазу, ұлпалау.* **Түтіп жеді**. *Жан-жақтан талады, барлығы жабылды.*

**ТҮТ**[2]**=** ет. *Төзу, көну, мою, шыдау.*

**ТҮТЕ=** ет. **1.** *Түтіннің бұрқырап шығуы; түтіндеу.* **2.** *Боранның алай-түлей борап қарды үйтқыта соғуы.* **3.** ауыс. *Ашудан булығу, терісіне сыймау.*

**Түтесі шықты**. *Түте-түтесі шығып, жыртылды.*

**Түтеген мылтық.** *Оқталған білтелі мылтық.*

**ТҮТЕК** зат. *Алай-түлей боран.*

**Түтек [түтеген] боран.** *Алай-түлей боран.*

**ТҮТЕЛЕ=** ет. **1.** *Түте-түтесін шығару, жүнін жұлу.* **2.** *Жүнді, мақтаны созып қопсыту, түту.* **3.** ауыс. *Пәре-пәресін шығарып, жырту.*

**ТҮТЕЛЕН=** ет. *Түте-түтесі шығарылу.*

**ТҮТЕЛЕНДІР=** ет. *Түте-түтесін шығартқызу.*

**ТҮТЕЛЕНДІРУ** *Түтелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТЕЛЕНУ** *Түтелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТЕЛЕУ** *Түтеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТЕТ=** ет. *От тұтату, от жағу.*

**Түтін түтетті**. а) *Өз алдына үй болды, отбасын құрды.* ә) *Ел болды, адам болды, тәуелсіздікте өмір сүрді.*

**ТҮТЕТУ** *Түтет етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТЕ-ТҮТЕ** сын. *Жүні шығып түтеленген, қобыраған.*

**Түте-түтесі шықты**. *Түтеленді, жыртылды, тозды.*

**ТҮТЕТІЛ=** ет. *Түте-түтесі шығарылу.*

**ТҮТЕТІЛУ** *Түтетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТЕУ** *Түте етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТКІЗ=** ет. *Жүннің түйіртпегін жаздыру, тазалату.*

**ТҮТКІЗУ** *Түткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТТІР=** ет. **1.** *Жүн түттіру, тазалату.* **2.** ауыс. *Түте-түтесін шығару, жүнжіту.*

**ТҮТТІРУ** *Түттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТУ** *Түт етістігінің қимыл атауы.*

**Түту мәшинесі.** тех. *Өндірісте мақта, зығыр, жүн т.б. талшықтарын әртүрлі қоспалардан соққылау арқылы тазартатын мәшине.*

**ТҮТІГУ** *Түтік етістігінің қимыл атауы; қап-қара болып өңі бұзылу.*

**ТҮТІК**[1] зат. **1.** *Іші қуыс, сырты жұмыр, жіңішке құбыр.* **2.** саят. *Құстың ішін шаю үшін, су беру үшін тырна жілігінен немесе ағаштан бір басын жайпақ ауызды етіп жасаған түтік.*

**Түтік емген**. сөйл. жағымсыз. *Шылымды көп тартатын.* **Түтік ине.** мед. *Шприцтің не басқа бір аспаптардың көмегімен адам не мал денесіне дәрі ерітінділерін енгізуге, сұйықтықтарын сорып, сыртқа шығаруға арналған құрал.*

**ТҮТІК**[2] зат. жерг. *Көрпенің шетіне жүргізілетін бір жарым елідей жиек.*

**ТҮТІК**[3] зат. жерг. *Түтек (үйтқып соққан қатты боран).*

**ТҮТІК=** ет. **1.** *Қап-қара болып өңі қашу, түсі бұзылу.* **2.** вет. *Бәйге үстінде қашаған, қырғыншыл аттардың тынысы тарылып, аузы-мұрнынан көбік шаша дірілдеп, танау желбіршегі қусырылуы, ауруы.*

**ТҮТІКГҮЛ** зат. өс. <лат. solenanthus> *Айлаулық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТҮТІКТҰЛҒА** зат. зоол. *Жұмыр құрттың бір түрі.*

**ТҮТІКТІР=** ет. *Жайсыз хабардың адам өңін бұзуы, қашыру, қарабарқындату.*

**ТҮТІКТІРУ** *Түтіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТІКШЕ** зат. *Өте жіңішке, әрі қысқа түтік.*

**ТҮТІКШӨП** зат. бот. жерг. *Түтікгүл.*

**ТҮТІЛ=** ет. *Жүн, түбіттің қылшығынан тазартылуы, тазалануы.*

**ТҮТІЛУ** *Түтіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТІН** зат. **1.** *Жаққан оттан будақтап, бықсып, шубатылып шығатын көкшіл сұр немесе қара газ түріндегі қошқыл зат.* **2.** *Темекі тартқанда мұрыннан, ауыздан деммен бірге шығатын зат.* **3.** терм. *Газдарда салмақтанған жағдайда болатын ұсақ қатты бөлшектерден тұратын орнықты дисперстік жүйе.* **4.** ауыс. *Үй-жай, отбасы.* **5.** этн. *Қазақ ауылының мамыражай тіршілігінің белгісі, ел іші.* **6.** ауыс. *Тұрмыс жағдайы.* **7.** *Тамақ пісіріп, ас әзірлеп жатқан үйдің белгісі.* **8.** *Ауылды жердің, елді мекеннің белгісі.*

**Түтін айдау камерасы**. әск. *Әскери қызметшілерге газтұмылдырықтың сенімділігіне көзі жеткізу үшін және оларды уланған ауада (УЗ-пен уландырылған) қолдана білу дағдысын тексеру үшін бөлімшелердің жеке құрамын уландырғыш заттардың әлсіз концентрациясымен сынайтын арнайы герметикалық жабылатын ыдыс.* **Түтін [ет, ас, тамақ] аңдыды.** жағымсыз. *Байырғы қазақ тұрмысында дайын астың үстінен түсуді әдет қылған адам туралы айтылатын сөз.* **Түтін аңдығыш**. жағымсыз. *Дайын асқа түскіш, қазан торығыш.* **Түтін басы**. *Әр үй сайын.* **Түтін салды.** а) *Етті сүрлеу, ыстау үшін от жағып, түтін қойды.* ә) *Масадан, шыбын-шіркейден қорғану үшін от жағып, бықсытып қойды.* **Түтін салды.** а) *Маса, шіркей т.б. жәндік-терден қорғану үшін отты бықсытып түтетті.* ә) *Жаңа сойылған етке шыбын қондырмау үшін отты бықсытып түтетті.* **Түтін түтетті**. *Өз алдына үй болды, отбасын құрды.* **Түтіні бір жерден шықты.** а) *Бірікті, тату болды.* ә) *Үйленді, қосылды.* **Түтіні бүтін.** *Жағдайы, тұрмысы жақсы, оңалған.* **Түтіні [оты] өшті.** *Бір шаңырақ, үйелмен жоқ болды, ұрпақ жалғаспады.* **Түтіні тура шықты.** *Тату-тәтті болды, бірікті.* **Түтіні түзу**. *Тілегі дұрыс, кеңпейілді, ақкөңіл, берекелі, тату-тәтті отбасы.* **Түтіні түзу шықсын!** тілек. *Ұрыс-керіссіз, тату болсын деген мағынадағы* тілек. **Түтіні түзу шықты.** *Ұрыс-керіссіз, тату-тәтті өмір сүрді.* **Түтінін үзбей оқ атқан.** бейн. *Мерген, жауынгер.*

**ТҮТІНДЕ=** ет. **1.** *Түтін шығу, бықсу.* **2.** *От жағылу.* **3.** ауыс. *Істің нәтижеге жетпей, не аяқталмай, ұзақ сиырқұйымшақтануы.*

**ТҮТІНДЕЙ** сын. *Түтін сияқты, түтін тәрізді.*

**Түтіндейтін заттар**. әск. *Аэрозоль жағдайында улағыш қасиеті жоқ түтіндеткіш құралдарды жабдықтау үшін қолданылатын аэрозольді заттар.*

**ТҮТІНДЕН=** ет. *Түтін толып кету, бықсу.*

**ТҮТІНДЕНУ** *Түтінден етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮТІНДЕТ=** ет. **1.** *Түтін салу, от жағу.* **2.** *Түтінге орану, өртену.*

**Түтіндетіп бүркемелеу**. әск. *Әскерлердің соғыс қимылдарын және әртүрлі объектілерді түтін жіберу арқылы қарсылас көзінен, олардың суретке түсіріп алуынан тасалау.*

**ТҮТІНДЕТКІШ: түтіндеткіш құралдар**. әск. *Түтін түтететін оқ-дәрілер, мәшинелер, аппаратуралар мен аспаптар.* **Түтіндеткіш құты.** әск. *Түтін шығаруға арналған қарапайым құрал.*

**ТҮТІНДЕТУ** *Түтіндет етістігінің қимыл атауы.*

**Түтіндету шебі**. әск. *Түтіннен қалқа жасау кезінде түтін жіберу жүзеге асырылатын жергілікті жер өңірі.*

**ТҮТІНДІ** сын. *Түтіні бар, түтін шығатын.*

**Түтінді бүркеніш**. әск. *Әскердің ұрыс әрекеттері мен әртүрлі объектілерді көзбен бақылау жасауға, бақылауға және инфрақызыл сәулелермен*

*суретке түсіруге кедергі келтіретіндей етіп түтін қалқасын қою жолымен бүркемелеу.* **Түтінді газдар**. *Отын жағу кезінде ластанған заттар шығаратын газдар.* **Түтінді мұнар.** ә с к . *Өртенген орманның, шымтезектің т.б. өртенуінің түтіндерінен немесе өнеркәсіптік кәсіпорындар мен көліктердің шығарындыларынан қалыптасатын мұнар.*

**ТҮТІНДІК** з а т . **1.** *Түтін жолы, мұржа.* **2.** *Қорадағы малды маса-шыбыннан қору үшін дымқыл тезек, отынды тұтатып, түтіндетіп қоюшылық.*

**Түтіндік салды.** *Қорадағы қойды, малды шыбын-масадан қорғау үшін бықсып жанған отын, тезекті түтіндетіп қойды.*

**ТҮТІНҚАЛҚА** з а т . ә с к . *Қарсыласты жаңылыстыру, өз әскерлерінің қимылдарын және объектілерін бүркемелеу үшін қолданылатын жасанды жолмен жасалған аэрозоль (түтін немесе тұман) бұлты.*

**ТҮТІНҚҰБЫР** з а т . э к о л . *Пайдаланылған ауаны не түтінді газдарды олардың шыққан жерлерінен атмосфераның төменгі қабаттарына шығарып, зиянды шығарындыларды таратып жіберуге арналған құрылғы.*

**ТҮТІНСАЛЫҚ** з а т . т а р . *20 ғ. басына дейін әрбір жеке үй басына салынатын салық.*

**ТҮТІНТҮЗЕГІШТЕР** з а т . ә с к . *Атмосфераға араласқанда түтін немесе тұман (аэрозоль) түзетін заттар.*

**ТҮУ**[1] о д. *Ұнатпауды білдіретін көңіл-күй одағайы.* **Түу деген түкірігі жерге түспейтін**. *Қақаған, қатты (аяз).*

**ТҮУ**[2] е с і м. *«Сонау алыста» мағынасындағы сілтеу есімдігі.*

**Түу деген түкірігі жерге түспеді.** *Билігі жүріп тұрды, беделі күшті болды.* **Түу десе түкірік жерге түспейтін аяз.** *Сарышұнақ аяз, қатты аяз.*

**ТҮҺ** о д. *Өкініш мағынасындағы көңіл күй одағайы.*

**ТҮФУ** о д. *Жиіркену мәніндегі көңіл күй одағайы.*

**ТҮШБАУЫРСАҚ** з а т . э т н . т а м а қ . *Ұнға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып илеп, ұсақ кесіп қуырған бауырсақ.*

**ТҮШЕК** з а т . ж е р г . *Бір не екі адамдық қалың матрац.*

**ТҮШЕН=** е т . к ө н е . *Тұшыну, рақаттану, көңілі толу.*

**ТҮШКІР=** е т. *Қолқаны атқан ащы иістен, не тұмау тиюден кенет ауыз-мұрыннан түкірік шаша, қатты күшпен еріксіз дем шығару.*

**ТҮШКІРТ=** е т. *Түшкіруге әкелу, себеп болу.*

**ТҮШКІРТУ** *Түшкірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮШКІРУ** *Түшкір етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮШКІРІК** з а т . *Қолқаны атқан ащы иістен, не тұмаудың әсерінен ауыз бен мұрыннан түкірік шаша, еріксіз қатты шыққан дем.*

**ТҮШКІРІН=** е т. *Қайта-қайта түшкіру.*

**ТҮШКІРІНУ** *Түшкірін етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮШКІРІС=** е т. *Түшкірік атысу.*

**ТҮШКІРІСУ** *Түшкіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮШІРКЕН=** е т. *Сүйсіну, көңілі толу.*

**ТҮШІРКЕНДІР=** е т. *Сүйсіндіру, көңілін толдыру.*

**ТҮЮ**[1] *Түй етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әйел адамның ұзын шашының жиналып төбесіне не желкесіне қондырылуы.* **2.** *Аттың жал, құйрық, кекілінің қайырылып байлануы.* **3.** *Жіп, арқанның түйіншектелінуі.* **4.** а у ы с . *Парықтау, түйіндеу, ойлану, ақылға салу.*

**ТҮЮ**[2] *Түй етістігінің қимыл атауы.*

**ТҮЮЛІ** с ы н . *Байлаулы, ораулы.*

**ТҮЮШІ** з а т . *Қайыстан әбзел, тұрман жасаушы шебер, түйін түйетін адам.*

**ТФУ** о д. ***Тұфу***.

**ТЫБЫР: тыбыр етпеді.** *Тыпыр етпеді, орнынан қозғалмады, қыбыр етпеді.*

**ТЫВАЛАР** з а т . э т н о н . *Тілі түркі тілдері тобына жататын сойон, сойот деп әртүрлі аталып келген Тыва Республикасының байырғы халқы.*

**Тыва тілі.** л и н г в . *Тыва халқының тілі [Тыва тілі түркі тілдерінің ұйғыр тобына жатады, көне оғыз, көне ұйғыр, тофа, саха тілдеріне жақын].*

**ТЫҒАНАҚ** з а т . с а я т . *Қаршыға тектес денесі шағындау, жыртқыш құс.*

**ТЫҒУ** *Тық етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒУЛЫ** с ы н . *Тығып қойылған, жасырын.*

**ТЫҒЫЗ** с ы н . **1.** *Қалың, жиі.* **2.** *Бітік (өскен).* **3.** *Мықты, берік. // Өте.* **4.** а у ы с . *Асығыс, шұғыл, тығыз-таяң.*

**ТЫҒЫЗДА**[1]**=** е т. *Нығыздап, басып, толтырып салу.*

**ТЫҒЫЗДА**[2]**=** е т. ж е р г . *Асықтыру.*

**ТЫҒЫЗДАЛ=** е т. *Нығыздалып, толтырылу, басылып салыну.*

**ТЫҒЫЗДАЛУ** *Тығыздал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫЗДАН=** е т. *Нығыздану, басылып салыну.*

**ТЫҒЫЗДАНУ** *Тығыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫЗДАТ=** е т. **1.** *Нығыздату, толтырту.* **2.** а у ы с . *Асықтыру, жеделдету, тездету.*

**ТЫҒЫЗДАТУ** *Тығыздат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫЗДАУ**[1] з а т . и н ф . <ағыл. compaction> *Бірінші, екінші немесе басқа жадтағы пайдаланылмаған немесе пайдаланылмайтын кеңістікті ықшамдау әдістері; компьютер жадындағы файлдар арасында мәліметтер жазылмай бос қалған орындарды бір блокқа жинақтап, бос кеңістікті біріктіру үшін орындалатын мәліметтерді ығыстыру процесі.*

**ТЫҒЫЗДАУ**[2] с ы н . **1.** *Жиілеу, қалыңдау.* **2.** а у ы с . *Асығыстау, қысылтаяңдау.*

**ТЫҒЫЗДАУ**[3] *Тығызда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нығыздау, тығыз ету.*

**ТЫҒЫЗДЫҚ** з а т . **1.** *Жиілік, қалыңдық.* **2.** *Жұмсақ еместік, беріктік, қаттылық.* **3.** ф и з . *Біртекті заттың бірлік көлемдегі массасымен анықталатын физикалық шама.* **4.** а у ы с . *Тығыз-таяңдық, асығыстық.* **5.** и н ф . <ағыл. density> *Мәліметтерді жазу кезіндегі ұзындық бірлігіне немесе аудан бірлігіне орналасатын битпен берілген мәліметтердің жазылу тығыздығы.* **6.** *Жиі орналасушылық.*

**ТЫҒЫЗДЫҚӨЛШЕГІШ** з а т . т е х н . *Тығыздықты жүйелі немесе үздіксіз өлшеуге арналған құрал.*

**ТЫҒЫЗЖАПЫРАҚ** з а т . ө с . <лат. fibigia> *Жапырақтары көп көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТЫҒЫЗ-ТАЯҢ** с ы н . *Асығыс-үсігіс, қысылтаяң.*

**ТЫҒЫЗҰЛПА** з а т . б и о л . *Түзуші ұлпа мен жабын ұлпаның құрамындағы жасушалар тобы.*

**ТЫҒЫЛ**[1]**=** е т . **1.** *Көрінбей бой тасалау, жасырыну.* **2.** а у ы с . *Ашуланып булығу, үні шықпай қалу.* **3.** *Паналау, қорғу, жан сақтау.* **4.** а у ы с . *Өзін-өзі көрсете алмау, жарып шыға алмау.* **5.** *Орынсыз іске кірісу.* **6.** *Тартыншақтау, ілгері баспау.*

**ТЫҒЫЛ**[2]**=** е т. *Бітелу, тығындалу.*

**ТЫҒЫЛМАҚ** з а т . о й ы н . *Тығылып ойнайтын ойын, жасырынбақ.*

**ТЫҒЫЛТ=** е т. *Булықтыру, алқындыру.*

**ТЫҒЫЛ-ТАЯҢ** с ы н . *Қысылтаяң, тығыз-таяң.*

**ТЫҒЫЛТУ** *Тығылт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫЛУ** *Тығыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫЛЫС=** е т. *Сығылысу, сыймау.*

**ТЫҒЫЛЫСУ** *Тығылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫН** з а т . **1.** *Бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстардың аузына тығатын зат.* **2.** *Тесікті бітейтін зат.* **3.** а у ы с . *Аз-маз тамақ, талғажау.* **4.** с т и л ь. ***Кептеліс***. **5.** а у ы с . *Пара, ауызбастырық.*

**Тығын ағашы.** б о т . *Биік болып өсетін, қабығынан тығын (пробка) жасалынатын, мәңгі жасыл ағаш.* **Тығыны ағытылды**. *Қарқындады, үдей түсті.* **Тығыны ашылды.** *Үдей түсті.*

**ТЫҒЫНДА=** е т. **1.** *Тығынмен бекіту, тығын тығу.* **2.** *Бекіту, жабу, тұмшалау.* **3.** а у ы с . *Жолына көлденең тұру, кедергі жасау.* **4.** а у ы с . *Пара, ауызбастырық беру.*

**ТЫҒЫНДАҒЫШ** з а т . к е н . *Алюминийден не алюминий кигізбесі бар ағаштан жасалған өзек.*

**ТЫҒЫНДАЛ=** е т. *Бекітілу, тығын тығылу.*

**ТЫҒЫНДАЛУ** *Тығындал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҒЫНДАМА** з а т . к е н . *Ұңғыманы, шпурды, оқтам не олардың камерасының ЖЗ оқтамына жақын бөлігін жарылыс газының күшті қысымына кедергі жасап, оқтамның түйықталуын қамтамасыз ететін тығындамалық материалмен толтыру процесі.*

**ТЫҒЫНДАМАЛЫҚ** с ы н . к е н . *Тығындамаға қатысты, соған тән.*

**Тығындамалық материалдар.** *Бітеме ерітінділер дайындауға қажет материалдар.*

**ТЫҒЫНДАУ** *Тығында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тойдыру, тамақтандыру, асырау.* **2.** к е н . *Құйма қалыптағы болаттың қайнауын жасанды түрде тоқтатау.*

**ТЫҒЫНДАУЛЫ** с ы н . **1.** *Қиюластырылып жабылған, бекітілген.* **2.** а у ы с . *Естімейтін, нашар еститін, саңырау.*

**ТЫҒЫНША** з а т . *Кішкене тығын.*

**ТЫҒЫНШЫҚ** с ы н . ж е р г . ***Тығыршық***.

**ТЫҒЫНШЫҚТАЙ** с ы н . ж е р г . ***Тығыршықтай***.

**ТЫҒЫРАДАЙ** с ы н . *Тығыз өрілген, тығыншықтай, тығыршықтай.*

**ТЫҒЫРШЫН** з а т . т ү й е ш а р . *Үштен төртке шығатын қайылмаған ұрғашы түйе.*

**ТЫҒЫРШЫҚ** с ы н . *Мығым, шымыр.*

**Тығыршық [шаршы, жұмыр] дене.** *Еті тығыз, шымыр тұлға, бітім.*

**ТЫҒЫРШЫҚТАЙ** с ы н . *Топ-толық, жұмжұмыр.*

**ТЫҒЫРЫҚ**[1] з а т . т ү й е ш а р . *Мұрындыққа өткізген ағаш шығып кетпеу үшін ойылып кигізілетін былғары тоқтатқыш.*

**Тығырық бөрік.** ж е р г . *Дөңгелек бөрік.*

**ТЫҒЫРЫҚ**[2] з а т . **1.** *Ілгері жүруі, өтуі қиын тұйық жер.* **2.** а у ы с . *Өмірде кездесетін қиыншылық; дағдарыс.* **3.** *Сомынның не бұранда басының астына салынатын жазық сақина пішіндес астар.*

**Тығырық буын.** м а л ш а р . *Мүшелегенде абай болмаса айыпқа жығатын, әрі аяқтың шектен тыс бүгілуіне жол бермейтін тұсы.* **Тығырыққа тірелді**. *Амалы таусылды, не дерін, не істерін білмеді.*

**ТЫҒЫРЫҚТАЛ=** е т. *Тығырық салыну.*

**Тығырықталған түйедей.** *Тіл алғыш, айтқанға көнгіш.*

**ТЫҒЫРЫҚТЫ** с ы н . *Қиын-қыстаулы, не шешім қабылдарын, қайда барарын білмей қалатын.*

**Тығырықты жағдай.** и н ф . <ағыл. clinch, impasse, lock-up> *Екі процестің екеуінің де бір мезгілде бір ресурсқа қатынауы кезінде бірін-бірі тежейтін есептеуіш жүйенің қалып-күйі.*

**ТЫЖЫР=** е т. п а р а л и н г в . *Ұнатпағанда, қынжылғанда бетін, мұрнын жиыру.*

**ТЫЖЫРА-ТЫЖЫРА** ү с т . *Жиіркене, түшіркене.*

**ТЫЖЫРАЙ=** е т . **1.** *Қатпарлану, тырысу, тыжыру.* **2.** а у ы с . *Мұрнын шүйіріп жақтырмау, ұнатпау.*

**ТЫЖЫРАЙТ=** е т. п а р а л и н г в . *Бір нәрсені ұнатпағанда, жақтырмағанын білдіргенде бет-әлпетін жиыру.*

**ТЫЖЫРАЙТУ** *Тыжырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЖЫРЫЛ=** е т . *Қатпарлану, жиырылу, тыжырайтылу.*

**ТЫЖЫРЫЛУ** *Тыжырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЖЫРЫН=** ет. **1.** *Ащы, жағымсыз дәмі бар сұйықтықты ішкенде, не көргенде дененің сілкінуі.* **2.** ауыс. *Ұнатпау, жақтырмауды бет-әлпет арқылы білдіру.*

**ТЫЖЫРЫНТ=** ет. *Жағымсыз әсер ету, шамына тию.*

**ТЫЖЫРЫНТУ** *Тыжырынт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЖЫРЫНУ** *Тыжырын етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЗ** елік. *Денесін кенеттен қатты затқа соғып алғандағы шымыр еткен сезім күйді бейнелейтін сөз.*

**Тыз етті.** *Бір нәрсе шым еткізді, шағып алды.* **Тыз еткізді.** *Бір нәрсенің шым еткізіп, қатты тістеуі, шағып алуы.*

**ТЫЗАҚТА=** ет. *Безек қағу, шыжалақтау.*

**ТЫЗАҚТАУ** *Тызақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЗАЛАҚТА=** ет. *Күйіп-пісіп быжылдау, шыжалақтау.*

**ТЫЗАЛАҚТАУ** *Тызалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЗАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Тызақта.***

**ТЫЗАЛАҢДАУ** *Тызалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЗАҢДА=** ет. *Тызбалақтау, не істерін білмеу.*

**ТЫЗҒАҚТАТ=** ет. *Тызбалақтату.*

**ТЫЗЕТПЕ** сын. **1.** *Қызуқанды, ашушаң.* **2.** *Ұзаққа бармайтын, қысқа қашықтыққа ғана төзімді (ат).*

**ТЫЗЫЛДА=** ет. *Тыз-тыз етіп, дуылдап ашу.*

**ТЫЗЫЛДАТ=** ет. *Тыз-тыз еткізу, дуылдату.*

**ТЫЗЫЛДАТУ** *Тызылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЗЫЛДАУ** *Тызылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЙ=** ет. **1.** *Бөгеу, бөлу, тосқауыл болу.* **2.** *Тыйым салу, қойдыру.*

**ТЫЙҒЫЗ=** ет. *Тыйдыру, тоқтату.*

**ТЫЙҒЫЗУ** *Тыйғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЙДЫР=** ет. *Тоқтату, тежеу.*

**ТЫЙДЫРУ** *Тыйдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЙЫЛ=** ет. **1.** *Тоқтау, басылу.* **2.** *Келмеу, қатынамау.* **3.** *Доғарылу, тежелу.*

**ТЫЙЫЛУ** *Тыйыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тежелу, тоқталу.* **2.** *Теріс мінездісінің доғарылуы.*

**ТЫЙЫШТЫҚ** зат. сөйл. **Тыныштық.**

**ТЫЙЫМ** зат. **1.** *Тежеу, тоқтам.* **2.** пед. *Белгілі бір сенімге байланысты рұқсат етілмеген іс-әрекет.*

**Тыйым берді.** *Тоқтатты, тежеді, тыйым салды.* **Тыйым салды.** а) *Тежеді, бөгеді.* ә) *Рұқсат етпеді, тыйды.* **Тыйым салынған түр.** *Белгілі бір қауымдастық қауіпті болғандықтан карантиндік бақылауға алынған түр.* **Тыйым сөз.** *Белгілі бір сенімге байланысты атауға рұқсат етілмеген, тыйылған сөз.*

**ТЫЙЫМСЫЗ** сын. *Тежеусіз, тоқтаусыз; тойымсыз.*

**ТЫЙЫМДЫҚ** зат. сөйл. ***Тыйым.***

**ТЫЙЫРЫМ** зат. сөйл. *Тыйым, тоқтам.*

**ТЫЙЫШСЫЗ** сын. сөйл. *Мазасыз, тынымсыз.*

**ТЫҚ=** ет. **1.** *Үшкір затты денеге сұғып алу, қадау.* **2.** *Бір заттың ішіне екінші бір затты салу, сұғу.* **3.** ауыс. *Адамды түрмеге қамау, жауып қою.* **4.** ауыс. *Көзден таса қылып жасыру, көрсетпей қою.* **5.** ауыс. *Қорғау, сақтау.*

**ТЫҚ** елік. *Кенеттен тырс етіп келте шыққан қатты дыбысты білдіретін сөз.*

**Тық еткізді.** *Тырс еткізді, тықылдатты.*

**ТЫҚАДАЙ** сан. *Тап-тұйнақтай, тиянақдай.*

**ТЫҚАҚТА=** ет. **1.** *Қыспаққа алып асықтыру, тақымдау.* **2.** *Дамыл таппау, мігір көрмеу.*

**ТЫҚАҚТАТ=** ет. *Асықтыру, тақымдау.*

**ТЫҚАҚТАТУ** *Тықақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚАҚТАУ** *Тықақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚАҚТЫҚ** зат. *Қыспаққа алғыштық, маза бермеушілік.*

**Тықақтық қылды.** *Асықтырды, жанықтырды, тықақтады.*

**ТЫҚҚЫЗ=** ет. *Тықтыру, жасырту, көзден таса еткізу.*

**ТЫҚҚЫЗУ** *Тыққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚҚЫЛА=** ет. *Тыққыштап сақтап қою, қайта-қайта тығу.*

**ТЫҚҚЫЛАУ** *Тыққыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚҚЫШТА=** ет. **1.** *Үсті-үстіне тығу, тыға тұсу.* **2.** ауыс. *Белгілі бір затты басқаға көрсетпей, қайта-қайта жасыру.*

**ТЫҚҚЫШТАУ** *Тыққышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚПА** зат. тамақ. жерг. *Пісіріліп, өз майына қатырылып, қарында сақталатын қой еті.*

**ТЫҚПА: тықпа сақал.** *Иектің астына қарай тығыз, қалың, боп өсетін сақал.*

**ТЫҚПАЙЛА=** ет. сөйл. ***Тықпала.***

**ТЫҚПАЙЛАУ** *Тықпайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚПАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені еріксіз беру, ал деп қыстау.* **2.** ауыс. *Өз ойын, идеясын орынсыз жерге қайта-қайта қыстыру, кірістіру.*

**ТЫҚПАЛАН=** ет. *Жасырыну, бой тасалау.*

**ТЫҚПАЛАНУ** *Тықпалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚПАЛАУ** *Тықпала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кірітіру, өршесіз жерге қайта-қайта қыстыру.* **2.** инф. *Толтыру, толықтыру.*

**ТЫҚПЫШТА=** ет. сөйл. ***Тыққышта.*** *Үсті-үстіне тығу, тыға тұсу.*

**ТЫҚПЫШТАУ** *Тықпышта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚСЫР=** ет. **1.** *Соңына түсіп, тақымдап қуу, ығыстыру.* **2.** *Шетке шығару, қыспаққа алу.*

**ТЫҚСЫРТ=** ет. **1.** *Ығыстыру, тақымдап қуу.* **2.** ауыс. *Асықтыру, жанықтыру.*

**ТЫҚСЫРТУ** *Тықсырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚСЫРУ** *Тықсыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚСЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ығыстырылу, қысылу.* **2.** ауыс. *Қыспаққа алыну, шеттетілу.*

**ТЫҚСЫРЫЛУ** *Тықсырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚТЫ** зат. зоол. *Күні бойы шидің сақалының астынан бидайықтың ұрығын теріп, түбірдегі қоңыз, құмырсқаларды аулайтын құс, құрқылтай.*

**ТЫҚ-ТЫҚ** елік. *Қайта-қайта тықылдап шыққан дыбысты білдіру үшін қолданылатын сөз.*

**Тық-тық етті.** *Қайта-қайта тықылдады, тықылдаған дыбыс шығарды.*

**ТЫҚТЫР=** ет. *Жасырту, көзден таса еткізу.*

**ТЫҚТЫРТ=** ет. *Қамату, жасыру.*

**ТЫҚТЫРТУ** *Тықтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚТЫРУ** *Тықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫЛ** зат. *Тық-тық еткен дыбыс.*

**ТЫҚЫЛДА=** ет. **1.** *Тық-тық еткен дыбыс шығу.* **2.** ауыс. *Тақ-тақ етіп, жылдам сөйлеу.*

**ТЫҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Тық-тық еткен, тықылдап қалған.* **2.** ауыс. *Ширақ сөйлейтін, тақылдақ.*

**ТЫҚЫЛДАТ=** ет. *Тық-тық еткізу, тықылдаған дыбыс шығарту.*

**ТЫҚЫЛДАТУ** *Тықылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫЛДАУ** *Тақылда етістігінің қимыл атауы; тық-тық етіп, жылдам сөйлеу.*

**ТЫҚЫЛЖЫР** зат. *Тізенің ішкі, бүгілген жағы.*

**ТЫҚЫР**[1] зат. *Тысыр, дыбыс.*

**Тықыр [тақыр] кілем.** *Бетінде түгі жоқ тегіс кілем.* **Тықыр таянды.** *Қауіп-қатер төнді, жаны қысылды.*

**ТЫҚЫР**[2] сын. *Өскелең емес, қысқа, тақыр.*

**ТЫҚЫРАҢДА=** ет. *Тықылдап сөйлеу, тықаңдау.*

**ТЫҚЫРАҢДАУ** *Тықыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫРЛА**[1]**=** ет. *Тақыр-тықыр ету, тысырлау.*

**ТЫҚЫРЛА**[2]**=** ет. *Шаш, жүн тәрізді заттарды қысқа кесу, тақырлап алу.*

**ТЫҚЫРЛАН=** ет. *Тақыр болу, тықыр күйге түсу.*

**ТЫҚЫРЛАНУ** *Тықырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫРЛАТ=** ет. *Тықыр еткізу, тықыр күйге түсіру.*

**ТЫҚЫРЛАТУ** *Тықырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫРЛАУ** сын. *Тықыр келген, тақырлау.*

**ТЫҚЫРЛАУ** *Тықырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫРТ=** ет. *Тықсырту, қыспаққа алу.*

**ТЫҚЫРТАЯҢ** зат. *Тығызы таяң, қысталаң мезгіл, түртпегі асықтыра келген қарбалас кез.*

**ТЫҚЫРШУ** *Тықыршы етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҚЫРШЫ=** ет. **1.** *Ойнақтау, ойнақшу.* **2.** ауыс. *Мазасы кету, шыдамсыздану, дегбірсіздену.*

**ТЫҚЫРШЫҚ: тықыршық атты.** *Тыпыршыды; шыр көбелек айналып орнында тұрмады.*

**ТЫҚЫРШЫН=** ет. *Тықыршу, дегбірсіздену.*

**ТЫҚЫРШЫТУ** *Тықыршыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫЛ** зат. әск. **1.** *Соғысушы елдердің соғыс қимылдары жүріп жатқан ауданынан басқа, адам және экономикалық ресурстарымен бірге алғандағы барлық аумағы.* **2.** *Майданда әрекет етуші әскер шебінің артқы бөлігі.* **3.** *Соғыс және бейбіт уақытта армия мен флотты техникамен қамтамасыз ететін тыл қызметінің күші мен құрал-жабдықтары.*

**Тыл ауданы.** әск. *Тыл бөлімдері мен мекемелерін, материалдық құралдар қорын (мыс, құрамаларды, бөлімдерді) бытырата орналастыруға, сондай-ақ жергілікті қорларды тасымалдауға, эвакуациялауға және пайдалануға арналған жер алқабы.* **Тыл барлауы.** әск. *Өз бөлімдерінің, бөлімшелері мен тыл мекемелерін орналастыру және әскерді тылмен қамтамасыз ету үшін мәлімет жинау.* **Тылдағы басқару пункті.** әск. *Операцияға (ұрысқа) дайындық және операция барысында бөлім, бөлімше және тыл, сонымен қоса арнайы техникамен қамтамасыз ету мекемелерін басқаратын басқару пункті.* **Тылдағы нысандар [объектілер].** әск. *Тыл органдарының, қатынас жолдарының, көлік құралдарының, материалдық жабдықтау аэродромдарының, уақытша тиеу-түсіру аудандарының, әуе десанттарын жабдықтау базаларының, сондай-ақ әскерді (күштерді) тылдық және техникалық жабдықтау үшін пайдаланылатын өндірістік кәсіпорындар мен жергілікті әскери-экономикалық базаның басқа да объектілерінің жинақтама атауы.* **Тылды ұйымдастыру.** әск. *Кез келген жағдайда әскерді жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін шаралар.* **Тыл жағдайы.** әск. *Операцияға (ұрысқа) дайындық және оның жүзеге асырылуы жағдайында әскерлерді тылмен қамтамасыз ету міндеттерінің көлемі және орындалу жағдайы, сондай-ақ әскерді тыл арқылы қамтамасыз етудің мүмкіндіктері.* **Тыл қоры.** әск. *Әскерлерді (күштерді) тылдық қамтамасыз ету күштері мен құралдарының әскери іс-қимыл барысында шұғыл берілген тапсырмаларды орындау үшін бөлінген арнайы бөлігі.*

**ТЫЛПИ=** ет. жерг. *Ұшып түсу, жалп ету.*

**ТЫЛПИТ=** е т. *Жалп еткізу, ұшырып түсіру.*
**ТЫЛСЫМ** з а т . **1.** *Тыным, тыныштық, жым-жырт.* **2.** *Жұмбақ, құпия, жасырын.*
**Тылсым ой.** *Белгісіз бір сезім, ой.*
**ТЫЛСЫМДА=** е т. *Сиқырлау дұғалау.*
**ТЫЛСЫМДАЙ** с ы н . *Тылсым сияқты, тылсым тәрізді.*
**ТЫЛСЫМДАН=** е т. *Жасырыну, құпиялану.*
**ТЫЛСЫМДАНУ** *Тылсымдан етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫЛСЫМДАУ** *Тылсымда етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫЛТИ=** е т. *Денесіне шақ болмай, тар, қысқа келу.*
**ТЫЛТИТ=** е т. *Қып-қысқа етіп кию.*
**ТЫЛТИТУ** *Тылтит етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫЛТИЮ** *Тылти етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМ** ү с т . *Өте, аса.*
**Тым болмаса [құрыса].** *Ең болмаса, ең құрығанда.* **Тым жақсы.** *Әп-әсем, әжептәуір.* **Тым құрыса [ең құрығанда, құрмаса].** *Тіпті болмағанда, ең болмағанда, құрыды дегенде.*
**ТЫМАҚ** з а т . э т н . *Аң терісінен жасалған, теріден тігілген, биік төбелі, маңдайы сыртына қайтын, екі құлақшасы бар, желке-жотаны жауып тұратын артқы етектен тұратын, суықта киетін жылы баскиім [дәстүрлі қазақ мәдениетінде тымақ түрлері рудың, елдің ерекшелігін байқатып тұрады: Сай қарқаралы тымағы, алты сай сырма найман тымағы, жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы, сегіз сай уақ тымағы, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы, алты сай тобықты тымағы*].
**Тымағын бұлғады.** *Белгі берді, шақырды.*
**ТЫМАҚТАЙ** с ы н . *Тымақ сияқты, тымақ тәрізді.*
**ТЫМАҚТЫ** с ы н . *Тымақ киген, тымағы бар.*
**Тымақты [бөрікті] алшы [алшысынан] киді [салды].** а) *Бас киімін артқа ысыра одырайта киді.* ә) *Емін-еркін, ешкімнен қаймықпады.*
**ТЫМАҚША** ү с т . *Тымақ тәрізді, тымаққа ұқсатып.*
**ТЫМАУ** з а т . с ө й л . ***Тұмау.***
**ТЫМАУРА=** е т. с ө й л . ***Тұмаура.***
**ТЫМАУРАТ=** е т. с ө й л . ***Тұмаурат.***
**ТЫМПИ¹** з а т . о й ы н . *Балаларды шыдамдылыққа, тыныштық сақтауға үйрететін ұлттық ойын [ортадағы ойын жүргізуші «тымтырыс, тымпи-тымпи» деген соң, балалар тым-тырыс отыра қалды. Одан әрі ойын жүргізуші әртүрлі әзіл-сықақ күлдіргі әңгіме айтып, болмаса бетін тыжырайтып, сайқымазақ болып, топты күлдіруге тырысады. Күліп қойған бала жеңілген болып саналып, ән айтып, өнер көрсетіп, айыбын өтейді].*
**ТЫМПИ²=** е т. *Жұмған аузын ашпау, үндемеу.*
**ТЫМПИМА** с ы н . *Сыртқа шығарып ештеңе айтпайтын, іштен тынған.*
**ТЫМПЫҢ** е л і к . *Тез-тез екі жаққа теңселіп басқандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*
**Тымпың қақты**. *Тез-тез басып жүрді, тымпыңдады.*
**ТЫМПЫҢДА=** е т. *Тымпың қағу, томпаңдау.*
**ТЫМПЫҢ-ТЫМПЫҢ** е л і к . *Тымпың қағып, томпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*
**ТЫМСАЛ** [ар. تمثال] з а т . ж е р г . *Үлгі, мысал.* **Тымсал қылды.** ж е р г . *Нұсқалап, үлгілеп сөз айтты.*
**ТЫМСЫРАЙ=** е т. *Томсыраю, үндемеу, сөйлемеу.*
**ТЫМСЫРАЙЫС=** е т. *Томсырайысу, үндемей отырысу.*
**ТЫМСЫРАЙЫСУ** *Тымсырайыс етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМСЫРАЮ** *Тымсырай етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМ-ТЫМДАП** ү с т . с ө й л . ***Там-тұмдап.***
**ТЫМ-ТЫРАҚАЙ** ү с т . *Бет-бетіне, жапа-тармағай, тырым-тырақай.*
**Тым-тырақай қашты.** *Жан-жаққа бытырай қашты.*
**ТЫМ-ТЫРЫС** с ы н . *Үн-түн жоқ, тып-тыныш.*
**ТЫМЫҚ** с ы н . *Желсіз, тыныш, тынық.*
**Тымық ауа.** *Желсіз күнгі таза, мөлдір ауа.*
**ТЫМЫҚТАУ** с ы н . *Желсіз, тыныштау, тынықтау.*
**ТЫМЫР** з а т . ө с. <лат. cachrys> *Жемістері ірі келетін көпжылдық өсімдік.*
**ТЫМЫРАЙ=** е т. *Тымпиып, сөйлемеу, үндемей отыру.*
**ТЫМЫРАЙЫС=** е т. *Томырайысу, үндемеу.*
**ТЫМЫРАЙЫСУ** *Тымырайыс етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМЫРАЮ** *Тымырай етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМЫРСУ** *Тымырсы етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМЫРСЫ=** е т. *Жел соқпай, қапырықтану.*
**ТЫМЫРСЫҚ** с ы н . **1.** *Желсіз, тынық, қапырық.* **2.** а у ы с . *Сыр ашпайтын, сөйлемейтін, біртоға.*
**Тымырсық аяз.** *Желсіз күнгі шақпа аяз.*
**ТЫМЫРСЫҚТАН=** е т. *Адам тынысын тарылтатын қапырық болу.*
**ТЫМЫРСЫҚТАНУ** *Тымырсықтан етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫМЫРСЫҚТАУ** с ы н . *Тыныс тарылатындай, қапырықтау, ыссылау.*
**ТЫМЫРСЫҚТЫҚ** з а т . *Қапырықтық, ыстықтық.*
**ТЫМЫРЫҚ¹** с ы н . с ө й л . ***Тымырсық.*** **1.** *Желсіз, тынық, қапырық.* **2.** а у ы с . *Сыр ашпайтын, сөйлемейтін, біртоға.*
**ТЫМЫРЫҚ²** з а т . ө с. *Таулы жерде өсетін, көпжылдық гүлді өсімдік.*
**ТЫМЫРЫҚТАН=** е т. с ө й л . ***Тымырсықтан.***
**ТЫМЫРЫҚТАНУ** *Тымырықтан етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫН=** е т. **1.** *Белгілі бір іс-әрекеттің тамам болуы; тоқталу.* **2.** *Тым-тырыс болып тыныштолу.* **3.** *Саябырсу, тыншу, басылу.* **4.** а у ы с . *Бітіру, аяқтау.* **5.** а у ы с . *Теріс істен тыйылу.* **6.** а у ы с . *О дүниелік болу, қайтыс болу.*
**Тына қалды**. *Тыныштaлды, жым-жырт болды.*
**ТЫН: тын алды.** *Дем алды, тыныс алды.*
**Тын болды.** *Тыныштaлды, үнсіз қалды.*
**ТЫНАР** з а т . з о о л . *Шөл далалы жерде үйрек-қаздарға түспей, көбіне қоянмен қоректенетін, өте сирек кездесетін, көк құс.*
**ТЫНБА=** е т. *Тыным көрмеу.*
**ТЫНБАЙ** ү с т . *Үздіксіз, дамылсыз, үстіүстіне.*
**ТЫНБАСТАН** ү с т . *Демалмастан, дамылсыз, дамыл көрместен.*
**ТЫНБАУ** *Тынба етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫНДЫМ: тындым болды.** *Тыныш тапты, көңілі жай тапты.*
**ТЫНДЫР=** е т. **1.** *Бітіру, аяқтау.* **2.** *Қандай да бір істі мұқият жеріне жеткізе орындау, жайғастыру.* **3.** *Қандай да бір істі атқару, орындау.* **4.** а у ы с . *Дауды бітістіру, екі жақты келістіру.* **5.** а у ы с . *Тыныштандыру, тыншыту.*
**ТЫНДЫРУ** *Тындыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бітіру, аяқтау.* **2.** *Қандай да бір істі жеріне жеткізе орындау.*
**ТЫНДЫРЫЛ=** е т. *Аяқталу, бітірілу.*
**ТЫНДЫРЫЛУ** *Тындырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫНДЫРЫМДЫ** с ы н . *Ұқыпты, тиянақты.*
**ТЫНДЫРЫМДЫЛЫҚ** з а т . *Іске, жұмысқа ұқыптылық, тиянақтылық.*
**ТЫНДЫРЫМПАЗ** с ы н . *Өз ісіне, тиянақты, тыңғылықты.*
**ТЫНДЫРЫС=** е т. *Бітірісу, атқарысу.*
**ТЫНДЫРЫСУ** *Тындырыс етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫНЖЫ** з а т . м а л ш а р . *Сүті мол, жақсы сиыр, асыл тұқымды ірі қара.*
**ТЫНУ** *Тын етістігінің қимыл атауы; тыншу, тыныштaлу.*
**ТЫНУАР:** ***тынуар тартты.*** *Күймақұлақ, көп тыңдайтын.*
**ТЫНШУ¹** з а т . *Тыныштық, дамыл.*
**ТЫНШУ²** с ы н . *Тымық, тынық.*
**ТЫНШУ³** *Тыншы етістігінің қимыл атауы;*
**ТЫНШЫ=** е т. **1.** *Дамыл табу, тыныштaлу.* **2.** *Алаңсыз болу, жайбарақаттану.* **3.** а у ы с . *Көңілі жайлану, жаны жай табу.* **4.** а у ы с . *Саябырсу, таластау.* **5.** а у ы с . *Құтылу, айығу.*
**ТЫНШЫҒУ** з а т . *Тыныштық, тыным.*
**ТЫНШЫҚ=** е т. **1.** *Тыным алу, тыныштaлу.* **2.** *Саябырсу, таластау* **3.** а у ы с . *Жайбарақаттану, жайлану.*
**ТЫНШЫҚТЫР=** е т. *Тыныштандыру, тыншыту.*
**ТЫНШЫҚТЫРУ** *Тыншықтыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫНШЫТ=** е т. **1.** *Тыным беру, тыныштандыру.* **2.** *Мазасын алмау, мазаламау.*
**ТЫНШЫТУ** *Тыншыт етістігінің қимыл атауы; демалу, тыныстау.*
**ТЫНЫҒУ** з а т . б и о л . *Жануарлардың дамуындағы және өніп-өсуіндегі уақытша физиологиялық тыныштық кезеңі.*
**Тынығу кадастры.** э к о л . <лат. recreatio – қалпына келтіру, франц. cadastre – бет> *Адамның демалуына және денсаулығын қалпына келтіруіне арналған аумақтар туралы мәліметтер жиынтығы.* **Тынығу қорлары.** г е о г р . *Табиғи (теңіз жағалауы, өзен жағасы, ормандар) және антропогендік (тарихи архитектуралық көрікті жерлер) қорлар.* **Тынығу нысаны.** э к о л . *Демалу үшін ерекше тартымды қасиеттері бар, ауданы жағынан шектелген жер.* **Тынығу ортасының сыйымдылығы.** э к о л . *Тынығып демалуға қолайлы аумақтың не акваторияның белгілі бір демалушылар санына психикалық-физикалық және спорттық-шынығушылық тұрғыда жайлы жасау әлеует-қарымының мөлшері.* **Тынығу ресурстары.** э к о л . *Адамдардың демалуы үшін, яғни халықтың денсаулығы мен еңбекке қабілеттігін қалпына келтіруде және сақтауда пайдаланылатын табиғи ресурстар мен мәдени мұралардың бөлігі.* **Тынығу суқоймасы.** э к о л . *Суда демалу орны ретінде (қайық, байдарка, желкенді спорт, туризм және серуендеу) пайдаланылатын және оның жағасында суға түсетіндей жағдайлар болатын не болмайтын кез келген су нысаны.*
**ТЫНЫҒУ** *Тыныс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоқтау, толастау, дамылдау.* **2.** е г і н ш а р . *Бос жату, егін егілмеу.* **3.** *Демалу, сергу.*
**ТЫНЫҚ¹** с ы н . с ө й л . ***Тымық.***
**ТЫНЫҚ²** с ы н . *Тынық қан, тың, тыныш.* **Тынық болат.** к е н . *Қайнаған болатпен және жартылай тынық болатпен салыстырғанда негұрлым толық тотықсыздандан құйма болат.*
**ТЫНЫҚ=** е т. **1.** *Тыным табу, дем алу.* **2.** *Дамылдау, тыншу.* **3.** а у ы с . *Жайлану, жайбарақаттану.* **4.** а у ы с . *Таң асу, суу.*
**ТЫНЫҚТЫР=** е т. *Демалдыру, тыныштандыру.*
**ТЫНЫҚТЫРУ** *Тынықтыр етістігінің қимыл атауы.*
**ТЫНЫҚТЫРЫЛ=** е т. *Демін алдыру.*
**ТЫНЫМ** з а т . *Саябыр, дамыл, тыныштық.*
**Тыным алды.** *Демалды, тынықты.* **Тыным алмады.** а) *Дем алып, дамыл таппады, мігір көрмеді.* ә) *Тыншымады, мазасызданды.* **Тыным бермеді**. а) *Тыныштық бермеді, тыншытпады.* ә) *Мазалады, мазасын алды.* **Тыным етті.** *Тыныштанды, дамылдады.* **Тыным жоқ.** а) *Дамыл жоқ, дамылдамады, тыным таппады.* ә) *Мазасы кетті, мазасызданды.* **Тыным көрмеді [көрген жоқ].** а) *Тыныштық көрмеді, тынбады.* ә) *Мазасызданды, мазасы кетті.*

**Тыным таппады.** а) *Дамыл көрмеді, жұмысбасты болды.* ә) *Мазасызданды, дегбірсізденді.* **Тыным таптыртпады.** *Дамыл бермеді, мазасын алды.*

**ТЫНЫМ** зат. *Аяғы, соңы.*

**ТЫНЫМБАҚ** зат. жаңа. <ағыл. square> *Қаладағы, кенттегі шағын қоғамдық саябақ немесе бақ.*

**ТЫНЫМДА=** ет. **1.** *Тыным табу, тынышталу.* **2.** *Үзіліс жасау, асықпау.* **3.** ауыс. *Мазасыздану, тынымы кету.*

**ТЫНЫМДАН=** ет. *Тынышталу, тыншу.*

**ТЫНЫМДАУ** *Тынымда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫМДЫ** сын. *Тындырымды, тыңғылықты, тиянақты.*

**ТЫНЫМСЫЗ** сын. **1.** *Түк тынбайтын, тыным таппайтын, тынышсыз. // Дамыл таппай, толастамастан.* **2.** ауыс. *Мазасыз, беймаза.*

**ТЫНЫМСЫЗДАН=** ет. *Мазасыздану, тыншымау.*

**ТЫНЫМСЫЗДАНДЫР=** ет. *Тынышсыздандыру, мазалау, тынымын кетіру.*

**ТЫНЫМСЫЗДАНДЫРУ** *Тынымсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫМСЫЗДАНУ** *Тынымсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫМСЫЗДАУ** сын. *Мазасыздау, жайсыздау.*

**ТЫНЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Дамыл көрмеушілік, тыным таппаушылық; мазасыздық.*

**Тынымсыздық білдірді.** *Тынымсызданған сыңай танытты, тынымсызданғандай болды.* **Тынымсыздық білдірді.** *Мазасызданды, тынышы кетті.*

**ТЫНЫС** зат. **1.** *Ауа жұтып, дем шығаргандық, тыныстағандық.* **2.** ауыс. *Тіршілік, өмір.* **3.** ауыс. *Демалыс, үзіліс кезі.* **4.** ауыс. *Мәні, нәрі.* **5.** ауыс. *Мүмкіндік, мұрша.* **6.** ауыс. *Сүйеу, сүйеніш.*

**Тыныс алды**. *Демін алды, тыныстады.* **Тыныс алмады.** *Тыным таппады, дамыл көрмеді.* **Тыныс белгілері.** лингв. *Айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі.* **Тыныс жолы.** анат. *Демалыс жолы, тыныс мүшелері.* **Тыныс жоқ.** а) *Уақыты жоқ, мұршасы жоқ.* ә) *Тыным жоқ, мігір жоқ, мазасыз.* **Тыныс тапты.** *Тыным алды, тыныстады.* **Тынысы ашылды [кеңейді].** *Кең тыныстады, рахаттанды.* **Тынысы кең.** *Мүмкіндігі кең, әлеуетті.* **Тынысы тарылды**. а) *Демалуы қиындады, жүрегі қысылды.* ә) *Мазасы кетті, мазасызданды.* **Тынысын ашты.** а) *Жан дүниесін аңғарды, мінезін байқады.* ә) *Мүмкіндік берді, жағдай туғызды.* **Тынысын бақты.** *Аңдысын тексерді, қадағалады.* **Тынысын тарылтты.** а) *Дем алуды тежеді, жүректі қысты.* ә) *Сұсын көрсетті, соққы берді.* **Тынысын тыңдады.** *Аңдыды, бақылады.*

**ТЫНЫС=** ет. *Тыну, біту, аяқталу.*

**ТЫНЫСТА=** ет. **1.** *Ауа жұтып, дем алу.* **2.** *Тынығу, тыным алу.*

**ТЫНЫСТАН=** ет. *Тыншу, тыныш күйге түсу.*

**ТЫНЫСТАНДЫР=** ет. *Демалдыру, жай таптыру.*

**ТЫНЫСТАНДЫРУ** *Тыныстандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫСТАНУ** *Тыныстан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫСТАС** сын. *Байланысы бар, сабақтас.*

**ТЫНЫСТАТ=** ет. *Дем алдыру, тыныс алдыру, ауа жұтқызу.*

**ТЫНЫСТАТУ** *Тыныстат етістігінің қимыл атауы; суыту.*

**ТЫНЫСТАУ[1]** зат. *Тыным, тыныс.*

**ТЫНЫСТАУ[2]** *Тыныста етістігінің қимыл атауы; демалу, тынығу.*

**ТЫНЫСТЫ: кең тынысты**. *Қамтыған уақиғалары мол, ауқымы кең.*

**ТЫНЫС-ТЫНЫМ** зат. *Демалыс, тыным.*

**ТЫНЫШ** сын. **1.** *Шусыз, айғайсыз, жымжырт.* **2.** ауыс. *Алаңсыз, уайым-қайғысыз, жайбарақат.* **3.** *Жайлы, ыңғайлы.* **4.** ауыс. *Соғыссыз, дау-дамайсыз.*

**Тыныш жанартау.** геогр. *Атқыламайтын жанартау.* **Тыныш жатты.** а) *Ешкімге соқтықпады, килікпеді.* ә) *Соғыспай, қаннен-қаперсіз.* б) *Тыншыды, тыным тапты.* в) *Бос жатты, ештеңемен жұмысы болмады.* **Тыныш жүрді.** *Ешкімге соқтықпады, килікпеді, тиіспеді.* **Тыныш құлағым [аш құлақтан тыныш құлақ].** *Жайбарақат, ешкімге қатыссыз болу мағынасында.* **Тыныш қылды.** *Тыныштандырды, тыншытты.* **Тыныш отырмады [отырған жоқ]**. а) *Жұмыссыз бос отырмады, дамыл таппады, мігір көрмеді.* ә) *Соқтықты, килікті.* б) *Кіріспейтін жерге кірісті, сөзге орынсыз араласты.* **Тыныш тапты.** *Тыншыды, жаны жай тапты.* **Тыныш таппады.** *Мазасы кетті, дамыл көрмеді.* **Тыныш таптырмады**. *Дамыл көрсетпеді, тыным бермеді.* **Тынышы кетті**. *Мазасы болмады, тынышсызданды.*

**Тынышын алды.** а) *Мазасын алды, тыныштық бермеді.* ә) *Дамыл таптырмады, мұрша бермеді.* **Тынышын бұзды.** *Мазалады, мазасын алды.* **Тынышын кетірді.** *Мазасын алды, мазалады.*

**ТЫНЫШСЫЗ** сын. **1.** *Жиі өзгеретін, көп қозғалатын.* **2.** ауыс. *Тыным таппайтын, мазасыз. // Үздіксіз, дамылсыз.*

**ТЫНЫШСЫЗДАН=** ет. *Мазасы кету, мазасыздану.*

**ТЫНЫШСЫЗДАНДЫР=** ет. *Мазасыздандыру, тынышын кетіру.*

**ТЫНЫШСЫЗДАНДЫРУ** *Тынышсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШСЫЗДАНУ[1]** зат. *Мазасыздық, беймазалық.*

**ТЫНЫШСЫЗДАНУ[2]** *Тынышсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШСЫЗДЫҚ** зат. *Беймаза болушылық, мазасыздық.*

**ТЫНЫШТАЛ=** ет. *Дамыл табу, тыншу.*

**ТЫНЫШТАЛУ** *Тыныштал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШТАН=** ет. сөйл. ***Тыныштал***.

**ТЫНЫШТАНДЫР=** ет. *Тыныш күйге түсіру, жанын жай таптыру.*

**ТЫНЫШТАНДЫРУ** *Тыныштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШТАНУ** *Тыныштан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШТАТ=** ет. *Тыныш күйге түсіру, жайландыру.*

**ТЫНЫШТАТУ** *Тыныштат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫНЫШТЫ** сын. *Ыңғайлы, жайлы.*

**ТЫНЫШТЫҚ** зат. **1.** *Тым-тырыстық, жымжырт болушылық.* **2.** мат. *Қозғалыссыз, тұрақты.* **3.** ауыс. *Ел арасындағы жақсы қарым-қатынас, бейбітшілік.* **4.** *Алаңсыздық, жайбарақаттық.*

**Тыныштығын алды.** *Тынышын кетірді, мазасын алды.* **Тыныштығы табылды.** *Тыныштанды, тыншыды.* **Тыныштық алды.** *Тынышталды, тыншыды.* **Тыныштық белдемі.** экол. *Адамдардың демалуы немесе олардың физиотерапиялық емделуі үшін жағдай жасау мақсатымен техногендік әсерлердің мүмкіндігінше ең аз немесе абсолют аз режімі орнатылған аумақ.* **Тыныштық бермеді.** *Маза бермеді, мазасын алды.* **Тыныштық болмады [бола ма?].** *Тыным тап пады, тыншымады.* **Тыныштық бітті.** *Тынышы кетті, мазасызданды.* **Тыныштық жоқ.** *Айғай-шу, дабыра.* **Тыныштық зонасы.** геогр. *Тыныштық аймағы (географиялық экватордың солтүстігінен әрі қарай жатқан төменгі қысым зонасы).* **Тыныштық кетті.** *Мазасы кетті, мазасызданды.* **Тыныштық [жүзін] көрмеді.** *Тыным таппады, дамыл көрмеді.* **Тыныштық қылды.** *Жайына жүрді, ешкімге килікпеді, соқтықпады.* **Тыныштық қашты.** *Берекесі кетті, мазасызданды, бейберекетсіздікке тап болды.* **Тыныштық орнады.** *Тынышталды, бейбітшілік орнады.* **Тыныштық па?** *Жай ма, не бүлінді? деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Тыныштық пердесін айырды.** бейн. *Жым-жырттықты, тыныштықты бұзды.* **Тыныштық тапты.** *Тыншыды, тыным алды.* **Тыныштық таппады.** *Тыным көрмеді, көңілі жай таппады.* **Тыныштықтан безді.** *Тыныштықты қаламады, елдің тынышын бұзды.* **Тыныштықты қашырды.** *Мазасын кетірді, мазалады.* **Тыныштық үйкелісінің коэффициенті.** физ. *Тыныштық үйкелісі күшінің, бір денені екіншісіне қысатын жүктемені түсірген кезде пайда болатын және олардың тиісу бетіне перпендикуляр бағытталған реакция күшіне қатынасы.* **Тыныштық іздеді.** *Тыныш жүргісі келді, тыным тапқысы келді.*

**ТЫНЫШТЫҚСЫЗ** сын. *Дамылсыз, үздіксіз.*

**ТЫНЫШЫРАҚ** сын. *У-шусыз, жайлырақ.*

**ТЫҢ[1]: тың тыңдады.** *Құлақ тосты, біреудің сөзін аңдыды.*

**ТЫҢ[2]** сын. **1.** *Қайраты қайтпаған, қуатты, әлеуетті. // Тыңайған күй, қуаттанған қалып.* **2.** *Ширақ, пысық.*

**ТЫҢ[3]** сын. **1.** *Бұрын пайдаланылмаған, егін салынбаған (жер).* **2.** *Соны, жаңа. // Жаңа екпін, серпіліс, қарқын.*

**Тың асуларды бағындыру.** көтер. *Болашақтың игі істерін жүзеге асыру, ізгі мақсаттарға жету.* **Тыңға түрен салды.** *Жаңадан бастады.* **Тың дала.** *Адам баласы игермеген, бос жатқан кең жер.* **Тың игеру.** тар. совет. *КСРО-да астық өнімін арттыру мақсатымен 1954–64 жылдар аралығында жүзеге асырылған мемлекеттік іс-шара.* **Тың жер.** а) *Жыртылып егін егілмеген жер.* ә) *Әлі зерттелмеген аймақ, өлке.* **Тың көтерді.** *Тың жатқан жерді игерді.* **Тың ормандар.** экол. *Адамның шаруашылық әрекетінің тікелей немесе жанама әсері тимеген орман.* **Тың тұяқ.** *Әлді, қуатты, ширақ.*

**ТЫҢ** *Мініс ат.*

**ТЫҢАЙ=** ет. **1.** егіншар. *Топырақтың түрлі бактериялық тыңайтқыштарды бойына жинап құнарлануы, егін шығымдылығының артуы.* **2.** ауыс. *Демалу, тынығу, әлдену.* **3.** ауыс. *Күшею, зораю.* **4.** ауыс.

**Тыңайған жер.** экол. *Топырағын өңдеу тоқтатылып, табиғи өсімдіктер қалпына келетін, тасталған алқап.*

**ТЫҢАЙТ=** ет. **1.** *Жерді құнарландыру, баптау.* **2.** ауыс. *Жігерлендіру, күш беру.*

**ТЫҢАЙТҚЫШ** зат. хим. **1.** *Ауылшаруашылығында және балық өсіруде мәдени өсімдіктердің түсімділігін және тоғандағы балық өнімділігін арттыру үшін қолданылатын бейорганикалық және органикалық заттектер.* **2.** егіншар. *Өсімдіктердің жақсы өсіп дамуы үшін, топырақтың сапасын арттыру үшін пайдаланылатын минерал зат.*

**ТЫҢАЙТУ** *Тыңайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢАЙТЫЛ=** ет. *Құнарландырылу, тыңайтқыш себілу.*

**ТЫҢАЙТЫЛУ** *Тыңайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢГЕР** зат. *Тың жерді игеруші.*

**ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ** сын. *Істеген ісіне тиянақты, ұқыпты, мұқият.*

**ТЫҢҒЫЛЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Ұқыптылық, тиянақтылық.*

**ТЫҢДА=** ет. **1.** *Құлақ қою, есту.* **2.** ауыс. *Мән беру, ұғу, зер салу.*

**Тың тыңдады.** *Құлақ сап дыбыс тыңдады.*

**ТЫҢДАҒЫШ** сын. *Тыңдауға құмар, тыңдағанды жақсы көретін. // Тыңдайтын, тыңдаушы адам.*

**ТЫҢДАЛ=** ет. *Құлақ салыну, естілу, ден қойылу.*

**ТЫҢДАЛУ** *Тыңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢДАҢҚЫРА=** ет. **1.** *Құлақ қоя түсу, естіңкіреу.* **2.** *Сөзіне мән беру.*

**ТЫҢДАҢҚЫРАУ** *Тыңдаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢДАРЛЫҚ** сын. *Тыңдауға тұрарлық, естірлік, құлақ саларлық.*

**ТЫҢДАС=** е т. **1.** *Құлақ түрісу, есту.* **2.** а у ы с . *Ден қойысу, көңіл бөлу.*

**ТЫҢДАСУ** *Тыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢДАТ=** е т. **1.** *Естіттіру, құлаққа жеткізу.* **2.** а у ы с . *Айтқан сөзін өткізу, көңіл бөлдіру.* **3.** а у ы с . *Құлақ салдыру, назар аудару.*

**ТЫҢДАТТЫР=** е т. *Естірту, көңіл бөлгізу.*

**ТЫҢДАТУ** *Тыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢДАТЫЛ=** е т. *Естіртілу, құлаққа естілу, тыңдалу.*

**ТЫҢДАТЫЛУ** *Тыңдатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢДАУ** *Тыңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлақ қою, есту.* **2.** а у ы с . *Мән беру, көңіл бөлу.*

**Тыңдаудан тынбады.** *Тыңдай берді, жалықпай тыңдады.*

**ТЫҢДАУСЫЗ** ү с т . *Тыңдалмай, мән берілмей.*

**ТЫҢДАУШЫ** з а т . *Құлақ салушы, естуші.*

**ТЫҢЖЕРШІ** з а т . т а р . с о в . *Тың жерді игеруші.*

**ТЫҢҚИ=** е т. *Тамаққа тойып алу, тоя жеу.*

**Тыңқия [кеңірдектеп, сықия] тойды.** *Ықылық ата ішіп-жеді.*

**ТЫҢҚИЮ** *Тыңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢҚ-ТЫҢҚ** е л і к . *Қайта-қайта тыңқылдап, келте шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Тыңқ-тыңқ еткізді.** *Тыңқылдатты, домбыра шертті.*

**ТЫҢҚЫЛДА=** е т. *Домбыраны жайлап қана тыңқ-тыңқ еткізіп шерту.*

**ТЫҢҚЫЛДАҚ** з а т . *Тыңқ-тыңқ еткен дыбыс.*

**ТЫҢҚЫЛДАТ=** е т. *Тыңқ-тыңқ еткізіп тарту.*

**ТЫҢҚЫЛДАТУ** *Тыңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫҢШЫ** з а т . <нем. Spion> *Жасырын жүріп, тың тыңдаушы адам, жансыз.*

**ТЫҢШЫЛЫҚ** з а т . **1.** *Тыңшы міндетін атқарушылық, біреудің ізін бағушылық.* **2.** с а я с и . *Өзін жіберген мемлекет, шетелдік ұйым үшін басқа мемлекеттің әскери, саяси-экономикалық негіздерін құпия мәліметтерді жинау, ұрлау және бүлдіру, жою әрекеттерін жасаушылық, қолға түсірген мәліметтерді шет мемлекеттер агентурасына беріп отыру істерімен айналысатын қауіпті қылмыстық жұмыстар жүргізушілік.*

**ТЫП** е л і к . *Бір істі тез орындағандағы сенімді, ылдым-жылдым қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Тып еткізді.** *Тездетті, шапшаңдатты.* **Тып етті.** *Бір істі жылдам, көз ілестірмей істеді; лып етті.*

**ТЫП-ТЫЛСЫМ** с ы н . *Жым-жырт, тып-тыныш.*

**ТЫП-ТЫН** с ы н . *Тып-тыныш, жым-жырт.*

**ТЫПА-ТЫНЫШ** с ы н . с ө й л . ***Тып-тыныш.***

**ТЫП-ТИПЫЛ** ү с т . *Із-түзсіз, жым-жылас.*

**Тып-типыл етті.** *Ізім-ғайым, жоқ қылды, құртты.*

**ТЫП-ТИЯНАҚТЫ** с ы н . *Тап-түйнақтай, жинақы.*

**ТЫП-ТЫҒЫЗ** с ы н . **1.** *Жиі өскен, қою.* **2.** *Шымыр, тығыршықтай.*

**ТЫП-ТЫНЫҚ** с ы н . *Желсіз, тып-тыныш.*

**ТЫП-ТЫНЫШ** ү с т . **1.** *У-шусыз, жым-жырт, тым-тырыс.* **2.** а у ы с . *Қаннен-қаперсіз, алаңсыз, бейқам.*

**ТЫП-ТЫҢ** с ы н . *Күш-қуаты қайтпаған, денсаулығы жақсы, әлеуетті.*

**ТЫП-ТЫП** е л і к . *Істі тез, ылдым-жылдым орындаған икемді күрделі қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Тып-тып басты**. *Тыпың-тыпың басты, тыпыңдады.*

**ТЫПЫЛДА=** е т. *Тып-тып етіп басу, жеделдету.*

**ТЫПЫЛДАТ=** е т. *Тып-тып еткізу, тып-тып еткен дыбыс шығару.*

**ТЫПЫЛДАТУ** *Тыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫЛДАУ** *Тыпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫҢ: тыпың қақты**. *Тыпың-тыпың етіп басты, тепеңдеді.*

**ТЫПЫҢДА=** е т. *Жеделдете басып, тыпың қағу.*

**ТЫПЫҢДАТ=** е т. *Тыпың-тыпың еткізу, тепеңдету.*

**ТЫПЫҢДАТУ** *Тыпыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫҢДАУ** *Тыпыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫҢ-ТЫПЫҢ** е л і к . *Аяғын тепеңдете басып, тыпыңдатқан жүрісті бейнелейтін сөз.*

**ТЫПЫР** е л і к . *Аяқтың тықырына ұқсас қысқа қатты дыбысты бейнелейтін сөз. Жан ұшыра тыпырлағандық.*

**Тыпыр етпеді.** *Тырп етпеді, қозғалмады.*

**ТЫПЫРЛА=** е т. **1.** *Тыпыр-тыпыр ету, тыным таппай тыпыршу.* **2.** а у ы с . *Тосылу, бөгелу, қиналу.*

**ТЫПЫРЛАС=** е т. *Тыпыр-тыпыр етісу.*

**ТЫПЫРЛАСУ** *Тыпырлас етістігінің қимыл атауы..*

**ТЫПЫРЛАТ=** е т. *Тыпыр-тыпыр еткізу.*

**ТЫПЫРЛАТУ** *Тыпырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫРЛАУ** *Тыпырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫР-ТЫПЫР** е л і к . *Қайта-қайта тыпырлап, тыпырлаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Тыпыр-тыпыр еткізді.** *Тыпырлатты, тыпыр-тыпыр еткен дыбыс шығартты.*

**ТЫПЫРШУ** *Тыпыршы етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫПЫРШЫ=** е т. **1.** *Тыпырлап қозғала беру, тыным таппау, мазасы кету.* **2.** а у ы с . *Мазасыздану, мазасы кету.*

**ТЫПЫРШЫТ=** е т. *Тыным таптырмау, мазасын алу.*

**ТЫПЫРШЫТУ** *Тыпыршыт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫР: тыр жалаңаш**. а) *Үстінде ешқандай киімі жоқ, лыпасыз.* ә) э к с п р . *Үстіне киерге киімі жоқ; жоқшылық көріп, азып-тозған.*

**Тыр[-дай] жалаңаш.** *Үстінде лыпасы жоқ, анадан туғандай.*

**ТЫРАҒАЙЛА=** е т. э к с п р . **1.** *Әр жақтан лап қою, әркім өзінше ұмтылу.* **2.** *Бет-бетімен, алды-артына қарамай зыта жөнелу.*

**ТЫРАҒАЙЛАТ=** е т. *Бет-бетімен лап қойғызу; тықсырту.*

**ТЫРАҒАЙЛАТУ** *Тырағайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҒАЙЛАУ** *Тырағайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАЙ=** е т. *Аяқ-қолын жазып жіберіп серейіп жату, сұлау.*

**ТЫРАЙТ=** е т. *Сұлату, серейту.*

**Тырайта салды.** а) *Оп-оңай құлатып тастады.* ә) *Орнынан, қызметінен түсірді.*

**ТЫРАЙТУ** *Тырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҚАЙ** с ы н . *Жүдеулеу келген, тырбиған.*

**ТЫРАҚАЙЛА=** е т. с ө й л . ***Тырағайлат.***

**ТЫРАҚАЙЛАТ=** е т. с ө й л . ***Тырағайлат.***

**ТЫРАҚАЙЛАТУ** *Тырақайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҚАЙЛАУ** *Тырақайла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҚЫ** с ы н . с ө й л . ***Тырақай.***

**ТЫРАМТАШ** з а т . *Тарантас, атқа жегілетін екі дөңгелекті жеңіл арба.*

**ТЫРАН** з а т . з о о л <лат. abramis brama> *Қазақстанда Каспий мен Арал теңіздерінің су алабында, Ертіс, Балқаш, Талас өзендерінде кездесетін тұқытәрізділердің бір түрі.*

**ТЫРАНАУЫҚ** з а т . ж е р г . *Қол тырма.*

**ТЫРАҢ**[1] з а т . ө с . с ө й л . ***Тыран.*** *(құмды жерде, ерте көктемде өсетін өсімдік).*

**ТЫРАҢ**[2] е л і к . *Аяқ-қолды ербең еткізіп ебедейсіз қозғалғандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тыраң асты**. *Аяғы көктен келді, мырттай ұшты, құлады.* **Тыраң етті**. *Жалп етіп құлады.*

**ТЫРАҢДА=** е т. **1.** *Аяқ-қолын ербеңдету, тырбыңдау.* **2.** а у ы с . *Босқа әуре болу, далбасалау.*

**ТЫРАҢДАС=** е т. **1.** *Аяқ-қолын ербеңдетісу, тырбыңдасу.* **2.** а у ы с . *Тыраштанып, күйбеңдесу; бірігіп тіршілік ету.*

**ТЫРАҢДАСУ** *Тыраңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҢДАТ=** е т. *Ербеңдету.*

**ТЫРАҢДАТУ** *Тыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҢДАУ** *Тыраңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАҢ-ТЫРАҢ** е л і к . *Аяқ-қолды қайта-қайта сермегендегі немесе құлағандағы қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тыраң-тыраң етті**. *Аяқ-қолын тырбаң-тырбаң еткізді, қақты.*

**ТЫРАПАЙ: тырапай асты**. с ө й л . *Жалп етіп құлады, мырттай ұшты.*

**ТЫРАМПАЙ: тырампай асты.** с ө й л . **Тырапай асты**.

**ТЫРАУ** е л і к . *Тырнаның шығаратын үніндегі қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**ТЫРАУЛА=** е т. *Тырналардың тырау-тырау деп үн шығаруы.*

**ТЫРАУЛАУ** *Тыраула етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАШ** с ы н . *Қолында барды шашатын, тыртақ, бос мақтан.*

**ТЫРАШПАН** з а т . ж е р г . *Төрт дөңгелекті, қорапты арба.*

**ТЫРАШТА=** е т. *Бөспелікке салынып, босқа тыртақтау, мақтану.*

**ТЫРАШТАН=** е т. **1.** *Бөспелікке салыну, бос мақтану, құр шашылу.* **2.** *Күйбеңдеу, әуре-сарсаңға салыну.*

**ТЫРАШТАНУ** *Тыраштан етістігінің қимыл атауы; құр-бос әуреге түсу.*

**ТЫРАШТАУ** *Тырашта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРАШТЫҚ** з а т . *Қолда барды орынсыз шашушылық.*

**ТЫРАЮ** *Тырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБАҚ** с ы н . *Тырбиып өскен, аласа, тырбық.*

**Тырбақ бұт.** *Қысқа, қисық аяқты.*

**ТЫРБАЛА=** е т. *Тырмысып, тірнектеу, әрекет ету.*

**ТЫРБАЛАҢ** е л і к . *Тырбың-тырбың еткен созылыңқы қозғалысты бейнелейтін сөз. // Тырбаң-тырбаң етушілік.*

**Тырбалаң қақты**. *Аяқ-қолын ербеңдетіп, тырбаңдады.*

**ТЫРБАЛАҢ-ТЫРБАЛАҢ** е л і к . *Тырбаң-тырбаң еткен созылыңқы қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ТЫРБАЛАҢДА=** е т. *Тырбың-тырбың ету, тырбаңдау.*

**ТЫРБАЛАҢДАУ** *Тырбалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБАН=** е т. *Ұмтылу, әрекеттену, талпыну, тырысу.*

**ТЫРБАНУ** *Тырбан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБАНЫС** з а т . *Тырысушылық, ұмтылыс, қимыл-әрекет.*

**ТЫРБАНЫС=** е т. *Бірігіп әрекеттену, тырысу.*

**ТЫРБАНЫСУ** *Тырбаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБАҢ** е л і к . *Қол-аяқты ербең еткізіп тез қозғалтқандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Біткейтін күйбең тіршілік.* (Ғ.Мүсірепов,

**ТЫРБАҢДА=** е т. **1.** *Тырбаң-тырбаң ету, қол-аяғын ербеңдету.* **2.** а у ы с . *Тырбану, қолынан келгенше тырысу.* **3.** а у ы с . *Кең сермей алмай, қысылып қалу; жетілмеу.*

**ТЫРБАҢДАС=** е т. **1.** *Тырбаң-тырбаң етісу.* **2.** а у ы с . *Тырбанысу, бірге тырысу.*

**ТЫРБАҢДАСУ** *Тырбаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБАҢДАТ=** е т. *Тырбаң-тырбаң еткізу, қол-аяғын ербең еткізу.*

**ТЫРБАҢДАУ** *Тырбаңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тырбаң-тырбаң ету, қол-аяғын ербеңдету.* **2.** а у ы с . *Тырысу, тырмысу, тыраштану.*

**ТЫРБАҢ-ТЫРБАҢ** е л і к . *Қол-аяқты ербең-ербең еткізіп қозғалғандағы қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тырбаң-тырбаң етті**. *Аяқ-қолын ербеңдетіп тырбыңдады.*

**ТЫРБИ=** е т. **1.** *Аласа болып өсу.* **2.** *Ет алмай, құр сүйек болу, тыртию.*

**ТЫРБИТ=** е т. *Аласа ету, быртиту.*

**ТЫРБИТУ** *Тырбит етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБИЮ** *Тырби етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҚ** с ы н . **1.** *Тырбиып өспей қалған, жатаған.* **2.** а у ы с . *Бырбиған, қысқа.*

**Тырбық ағаштар.** г е о г р . *Ағаштар мен бұталардың жер бауырлай өсетін аласа түрлері, жыңғыл түзеді.* **Тырбық қарағай.** ө с. *Тасты жерде, тауда өсетін қарағайдың бойы аласа түрі.*

**ТЫРБЫҚҚЫЛША** з а т . өс. <лат. fedtchenkei pauls> *Өте биік жерде өсетін сарғылт-жасыл түсті қылшаның бір түрі.*

**ТЫРБЫҚАЙ** с ы н . *Ұзын емес, аласа, тырбық.*

**ТЫРБЫҚТАЛ=** е т. с ө й л . ***Тырбықтан.***

**ТЫРБЫҚТАЛУ** *Тырбықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҚТАН=** е т. *Тырбиып өспей қалу.*

**ТЫРБЫҚТАНУ** *Тырбықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҚ-ТЫРБЫҚ** с ы н . *Аласа, бырбиған, быртық-быртық.*

**ТЫРБЫН=** е т. *Шамасы келгенше, әлі жеткенше тырысу, талаптану.*

**ТЫРБЫНУ** *Тырбын етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҢ** е л і к . *Қол-аяқты сермегендегі қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Тырысқандағы қимыл-әрекет, тырбаң.*

**Тырбың қақты**. *Аяқ-қолын ербеңдетті.*

**ТЫРБЫҢДА=** е т. *Тырбың-тырбың ету; күйбеңдеу; тырысу, тырмысу.*

**ТЫРБЫҢДАТ=** е т. *Ербеңдету, тырбың-тырбың еткізу.*

**ТЫРБЫҢДАТУ** *Тырбыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҢДАУ** *Тырбыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРБЫҢ-ТЫРБЫҢ** е л і к . *Ербең-ербең, қол-аяқты қайта-қайта сермегендегі қимылды бейнелейтін сөз.*

**ТЫРҒАҢДА=** е т. *Тырбаңдау.*

**ТЫРДАЙ: тырдай жалаңаш**. *Тыр жалаңаш, киімсіз, лыпасыз.*

**ТЫРДУ** з а т . з о о л . <лат. burhinidae> *Тырнатәрізділер отрядының бір тұқымдасы.*

**ТЫРЖАҢДА=** е т. э к с п р . **1.** *Бет-аузын қисайту.* **2.** *Езуін керу, күлу.*

**ТЫРЖИ=** е т. **1.** *Қатпарланып қыртыстану, тырысу.* **2.** а у ы с . *Жақтырмау, тыжырыну.*

**ТЫРЖИТ=** е т. **1.** *Қатпарландыру, тырыстыру, қыртыстандыру.* **2.** а у ы с . п а р а л и н г в . *Жақтырмау, тыжырыну; бір нәрсені ұнатпағанды, жаратпағанды білдіру үшін бет-аузын жиыру арқылы білдірілетін ишаратты жасау.*

**ТЫРЖИТУ** *Тыржит етістігінің қимыл атауы; тыжырыну.*

**ТЫРЖИЫС=** е т. *Бет-аузын қисайтып, ұнатпаған кейіс білдірісу.*

**ТЫРЖИЫСУ** *Тыржиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЖИЮ** *Тыржи етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЖЫҢ** е л і к . *Бет-ауыздың жиырылғандағы қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**Тыржың етті [еткізді].** *Бет-аузын қисайтты; тыржиды.*

**ТЫРЖЫҢДА=** е т. *Бет-аузын тыржиту; ұнатпау, жақтырмау.*

**ТЫРЖЫҢДАС=** е т. *Ұнатпаған, жақтырмаған кейіп танытып, бет-аузын тыржитысу.*

**ТЫРЖЫҢДАСУ** *Тыржыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЖЫҢДАТ=** е т. *Бет-аузын қисайтқызу.*

**ТЫРЖЫҢДАТУ** *Тыржыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЖЫҢДАУ** *Тыржыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЖЫҢҚҰЛАҚ** з а т . б о т . ө с. <лат. morchella> *Саңырауқұлақтың жалпақ және қылқан жапырақты ормандарда өсетін жеуге жарамды түрі.*

**ТЫРИ=** е т. *Серейіп жату, тыраю.*

**ТЫРИҒАН** с ы н . *Тыртиған арық, жүдеу.*

**ТЫРИЮ** *Тыри етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРҚ** е л і к . **1.** *Тар жермен қысылып шыққан ауаның, желдің қысқа дыбысын білдіретін сөз.* **2.** *Қысылып шыққандағы қысқа күлкіні білдіретін сөз.*

**Тырқ еткізді**. қ а р а п . *Арт жағынан жел шығарды, осырды.* **Тырқы жазылды.** *Тырысып-құрысқан жаман мінезінен арылды, көңілі жадырады, жайланды.*

**ТЫРҚАҚТА=** е т. э к с п р . *Тырқ-тырқ етіп күлу.*

**ТЫРҚАҚТАУ** *Тырқақта етістігінің қимыл атауы; ретсіз күлу.*

**ТЫРҚИ=** е т. с ө й л . ***Тырай.***

**ТЫРҚИЮ** *Тырқи етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРҚ-ТЫРҚ** е л і к . **1.** *Тар жермен қысылып шыққан ауаның немесе желдің қайталама дыбысын білдіретін сөз.* **2.** *Қысылып күлгендегі қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Тырқ-тырқ етті**. *Даусын онша қатты шығармай қысылып күлді.*

**ТЫРҚЫ** с ы н . с ө й л . *Сараң, қытымыр.*

**Тырқы жазылды.** *Тырысып-құрысқан жаман мінезінің сазайын тартты.*

**ТЫРҚЫЛ** з а т . *Тырқ-тырқ еткен күлкі.* **Тырқыл қақты.** *Бос мақтанды.*

**ТЫРҚЫЛАН=** е т. э к с п р . *Босқа шашылу, бекер мақтану.*

**ТЫРҚЫЛАНУ** *Тырқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРҚЫЛДА=** е т. **1.** *Қайта-қайта күлу, сықылықтау.* **2.** ж а ғ ы м с ы з . *Бей-берекет күлу.*

**ТЫРҚЫЛДАҚ[1]** с ы н . *Тырқ-тырқ күлетін, күлегеш.*

**ТЫРҚЫЛДАҚ[2]** з а т . з о о л . <лат. turdus> *Далалы жерлерді мекендейтін ұсақ құс.*

**ТЫРҚЫЛДАТ=** е т. *Тырқ-тырқ еткен дыбыс шығарту; тырқ-тырқ еткізіп айдау.*

**ТЫРҚЫЛДАТУ** *Тырқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРҚЫЛДАУ** *Тырқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРҚЫРА=** е т. *Бет-бетіне бытырау, жан-жаққа қарай зыта жөнелу, тарап кету.*

**Тырқырай қашты.** *Жан-жағына қарамай зыту, қатты қорыққанынан бет-бетіне бытырау.*

**ТЫРҚЫРАТ=** е т . *Жанын қоймай қуу.*

**ТЫРҚЫРАТУ** *Тырқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЛА=** е т. *Тырмалау, тырналау.*

**ТЫРЛИ: тырли қатпа.** с ө й л . *Жыламсақ, қытымыр, сараң.*

**ТЫРМА** з а т . **1.** *Топырақты майдалау үшін, шөп жинау үшін пайдаланылатын мәшине, тракторға немесе өгізге, атқа жегілетін темір тісті ауылшаруашылық құрал.* **2.** *Шабылған шөпті жинау үшін, үй, қора маңындағы шөп-шаламды тазарту үшін пайдаланылатын қол құрал.*

**ТЫРМАЛА=** е т. **1.** *Тырнағымен сыру, тырналау.* **2.** *Топырақты тырмамен қопсытып өңдеу.*

**ТЫРМАЛАН=** е т. *Тырмамен қопсытылу.*

**ТЫРМАЛАНУ** *Тырмалан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРМАЛАТ=** е т. *Тырмамен қопсыту.*

**ТЫРМАЛАТТЫР=** е т. *Тырмамен қопсыттыру.*

**ТЫРМАЛАТТЫРУ** *Тырмалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРМАЛАТУ** *Тырмалат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРМАЛАУ** *Тырмала етістігінің қимыл атауы; тырмамен жерді қопсыту. //* е г і н ш а р . *Топырақты майдалап, қопсытып және бетін тегістеуге арналған шаруашылық құралмен жер өңдеу тәсілі.*

**ТЫРМАУЫШ** з а т . с ө й л . ***Тырнауыш.***

**ТЫРМАШЫ** з а т . *Тырмамен айдалған жердің топырағын майдалаушы адам.*

**ТЫРМЫС=** е т. **1.** *Бір нәрсеге әлі жеткенше талпыну, тырбыңдау.* **2.** *Сүйену, жабысу, таяну, қол созу.* **3.** *Ұмтылу, жетуге тырысу.*

**ТЫРМЫСУ** *Тырмыс етістігінің қимыл атауы; ұмтылу.*

**ТЫРМЫШТА=** е т. *Бір нәрсені көлденеңінен және тігінен буу.*

**ТЫРМЫШТАН=** е т. *Бір нәрсенің көлденеңнен, тігінен буылуы. // Буынтық-буынтық болу.*

**ТЫРМЫШТАНУ** *Тырмыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРМЫШТАУ** *Тырмышта етістігінің қимыл атауы..*

**ТЫРНА** з а т . **1.** *Мойны ұзын, аяқтары сыриған, ірілеу келген жыл құсы.* **2.** э т н . *Қазақ түсінігінде пайдасы аз, еті дәмсіз, улы болғандықтан аңшылықпен ауланбайтын, суда жүзе алмайтын қыр құсы.* **3.** з о о л . <лат. grus> *Батпақты, шалғынды және далалы жерлерді мекендейтін тырна тәрізділер отрядының бір туысы.*

**Тырнадан би сайлады.** *Ашкөз, ессізге биліктің тізгінін берді.* **Тырна көшті [қайтты].** *Тырналар жылы жаққа қарай топтанып ұшты.*

**ТЫРНА=** е т. **1.** *Адамның денесінде тырнақтың ізі қалу, тырнақпен осып түсу.* **2.** а у ы с . *Жанын жаралау.*

**ТЫРНАҒЫШ** з а т . э т н . *Тері илейтін теріші құралы.*

**ТЫРНАДАЙ** с ы н . *Тырна сияқты. // Тырнаға ұқсап.*

**ТЫРНАҚ** з а т . **1.** *Аяқ-қолының ұшындағы қатты және өткір өсінді.* **2.** *Аңның, құстың аяқтарындағы ұшкір, имиген мүйіз түзімді өткір өсінді.* **3.** *Мұзда және мұздақты беткеймен өрмелегенде аяқтың тайып кетпеуіне қажетті альпинистердің аяқкиіміне бекітілетін арнайы жабдық.* **4.** а у ы с . *Басқа түскен жағымсыз жағдай, біреудің үстемдігі, жәбірі, қорлығы деген мағынада.* **5.** *Шананың табаны мен үстіңгі тақтайдың арасындағы қысқа тіреу ағаштар.* **6.** *Шамның шынысын кигізетін жері.* **7.** *Үйдің сыртын жаңбыр шаймас үшін төбеден салған қамыс, қарағай.* **8.** *Үйдің іргетасы.*

**Тырнағына алмады**. *Түкке жаратпады, менсінбеді.* **Тырнағынан садаға кетті.** *Татымады, біреумен салыстырғанда, оған лайық болмады, теңдес келмеді.* **Тырнағынан шыға алмады.** *Азабынан құтыла алмады.* **Тырнағына тұрмады [татымады].** *Деңгейіне келмеді, лайықты болмады.* **Тырнағына түсті [ілікті].** *Қармағына ілінді, тұтылды.* **Тырнағын батырды [бүрді]**. а) *Зорлық көрсетті, күштеді, үстемдік жасады.* ә) *Жаралы етті; аямады.* **Тырнағын салды.** *Бүрді.* **Тырнағы саусағына жабысты [мұқады].** *Қартайды, денесі солды.* **Тырнағы ілікті**. *Бір нәрсеге қолы жетті.* **Тырнақ астынан кір іздеді.** *Бәле қуды, жаманшылық іздеді.* **Тырнақ астынан кір іздеуші.** *Бәле іздеуші, жаманшылық қуған адам.* **Тырнақ көбесі.** *Аяқ-қолдың басындағы қатты өскіннің етке жабысқан жері, тырнақ пен еттің арасы.* **Тырнақ іліктірді.** *Қол жеткізді.*

**ТЫРНАҚАЛДЫ** с ы н . *Ең алғашқы, тұңғыш (табыс, туынды т.б.).*

**ТЫРНАҚГҮЛ** з а т. ө с. *Қырмызыгүлдің бір түрі; дәрілік қырмызыгүл. Үйде өсірілетін хош иісті, біржылдық, дәрілік өсімдік.*

**ТЫРНАҚАТАР** с ы н. *Тырнадай тізілген, қаз-қатар.*

**Тырнаның басын кемірді.** *Есалаңданды, есінен адасты.*

**ТЫРНАҚҚАТАР** з а т. қ о л ө н е р. *Тырнаққа ұқсас уш бұрышты құрақшалар.*

**ТЫРНАҚҰТАН** з а т. з о о л. <лат. threskiornithidae> *Негізінен тропиктік және қоңыржай аймақтарды мекендейтін дегелек тәрізділер отрядының бір тұқымдасына жататын құс.*

**ТЫРНАҚҚЫЛ** з а т. ж е р г. *Үзік жиегіне жағалай тігілген үлкендігі алақандай кішкене киіз.*

**ТЫРНАҚТАЙ** с ы н. *Кішкентай, құрттай.*

**ТЫРНАҚТАП: тырнақтап жинады**. *Тамтұмдап, аз-аздан мұқият жиды.*

**ТЫРНАҚТЫ** с ы н. **1.** *Тырнағы өскен.* **2.** *Тырнағы бар, тырнағы өткір (аң, құс).***3.** а у ы с. *Азулы, озбыр. // Азулы, озбыр, адам.*

**ТЫРНАҚША** з а т. л и н г в. *Цитатаның, төл сөздердің, газет-журнал аттарының және өз мағынасында қолданылмаған сөздердің екі жағынан қойылатын жазба мәтіннің шартты белгісі.*

**ТЫРНАҚШӨП** з а т. ө с. <лат. seseli> *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын, екі не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТЫРНАЛ** е т. *Сырылу, жырылу.*

**ТЫРНАЛА=** е т. *Тырнақты батырып қайта-қайта тырнау.* **2.** а у ы с. *Тырнаштау, тырбану, тырысу.*

**ТЫРНАЛАУ** *Тырнала етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРНАЛУ** *Тырнал етістігінің қимыл атауы.*

**Тырналуы бойынша қаттылық.** к е н. *Материалдың бетін белгілі бір жағдайда стандарттық ұштықпен тырнау арқылы анықталатын қаттылығы.*

**ТЫРНАС=** е т. **1.** *Бірігіп тырнау.* **2.** а у ы с. *Жұз шайысу, ұрсысу.*

**ТЫРНАСУ** *Тырнас етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРНАТ=** е т. *Тырнағын батырту.*

**ТЫРНАТӘРІЗДІЛЕР** з а т. з о о л. <лат. gruiformes> *Қазба қалдықтары эоценнен белгілі, жер шарында кең тараған құстардың бір отряды.*

**ТЫРНАТУ** *Тырнат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРНАУ** *Тырна етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРНАУЫҚ** з а т. с ө й л. *Тырнауыш.*

**ТЫРНАУЫШ** з а т. *Шабылған шөпті жинауға, жер өңдеуге арналған ағаш сапты қол құрал.*

**ТЫРНАШӨП** з а т. ө с. с ө й л. ***Қасқыртабан.***

**ТЫРП** е л і к. *Аяқтың бір басқандағы тықырын білдіретін сөз.*

**Тырп еткізбеді.** *Орнынан қозғалтпады, тапжылтпады, қыбыр еткізбеді.* **Тырп етпеді.** а) *Қимылдамады, қозғалмады, тапжылмады.* ә) *Енжар болды, жалқауланды, амал қылмады, әрекеттенбеді.* б) *Қарсылық көрсетпеді, айтқанына көнді.* **Тырп етті.** а) *Қыбырлады, жыбыр етті, қозғалды.* ә) *Қарсыласты, қарсы тұрды.*

**ТЫРП-ТЫРП** е л і к. *Тыпыр-тыпыр етіп жүргендегі дыбысты білдіретін сөз.*

**ТЫРПЫЛ** з а т. *Тырпылдата басқан жүріс.*

**ТЫРПЫЛДА=** е т. *Тырп-тырп ету, сүйретілу.*

**ТЫРПЫЛДАҚ** с ы н. *Тырп-тырп етіп сүйретілген, тырпылдаған.*

**ТЫРПЫЛДАТ=** е т. *Аяқты тырп-тырп еткізіп басу.*

**ТЫРПЫЛДАТУ** *Тырпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРПЫЛДАУ** *Тырпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРС** е л і к. *Қатты заттың басқа қатты затпен соғылысқандағы тықырын білдіретін сөз.*

**Тырс еткен сыбыс [дыбыс] жоқ**. *Ешбір сыбыс, хабар-ошар болмады.* **Тырс [қыбыр] еткен тірі жан [пенде] жоқ.** *Қыбыр еткен адам, ешкім жоқ.* **Тырс етпе.** а) *Үн қатпа, ләм деме; жұмған аузыңды ашпа деген мағынада.* ә) *Еш қам жеме, уайымдама.* **Тырс етпеді**. *Былқ етпеді, қозғалмады.* **Тырс етті.** а) *Сырт ете түсті.* ә) *Қылт ете қалды, шырт етті, ашуланды.*

**ТЫРСА** з а т. ө с. *Қырда өсетін көпжылдық астықтұқымдас өсімдік; қылқан боздың дәні.*

**ТЫРСИ=** е т. **1.** *Тырсылдап толу, күмпию, томпию.* **2.** а у ы с. *Терісіне сыймай ашулану, жарылып кете жаздау.* **3.** а у ы с. *Кеудесіне нан пісу.*

**ТЫРСИТ=** е т. *Тырсылдатып толтыру, томпиту.*

**ТЫРСИТУ** *Тырсит етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРСИЫС**[1] з а т. с ө й л. *Қырсығушылық, қитар мінез көрсетушілік.*

**ТЫРСИЫС**[2]= е т. *Тырсылдап томпиысу, бірбірімен сөйлеспей, томсырайысу.*

**ТЫРСИЫСУ** *Тырсиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРСИЮ** *Тырси етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРС-ТЫРС** е л і к. *Сырт-сырт еткен, қатты затқа соғылғанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Тырс-тырс етті.** *Сытыр-сытыр етті, тырсылдады.*

**ТЫРСЫҚ** з а т. ө с. *Далалы, құмды, шөлді жерлерде өсетін боздың (селеудің) бір түрі тарақбоз.*

**ТЫРСЫЛ** з а т. *Сырт-сырт, тық-тық еткен дыбыс.*

**ТЫРСЫЛ-ГҮРСІЛ** з а т. *Тарсылдап, гүрсілдеген дыбыс.*

**ТЫРСЫЛДА=** е т. **1.** *Тырс-тырс ету, сыртылдау, тықылдау.* **2.** а у ы с. *Терісіне сыймай тығылу, тырсию, ісіну.* **3.** *Томпаю, қампию, лықылдау.*

**ТЫРСЫЛДАТ=** е т. *Тырс-тырс еткізу.*

**ТЫРСЫЛДАТУ** *Тырсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРСЫЛДАУ** *Тырсылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТАҚАЙ** с ы н. э к с п р. қ а р а п. **1.** *Жеңілтек, шошаңдап қалған (адам).* **2.** *Бекер мал шашпақ, дарақы.*

**ТЫРТАҚТА=** е т. э к с п р. қ а р а п. **1.** *Шошаңдау, жеңілтектену.* **2.** *Шамасы келмейтін, қолынан келмейтін нәрсеге әуре болу, бекер босқа тыраңдау.*

**ТЫРТАҚТАУ** *Тыртақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТАҢ** е л і к. *Шошаңдаған қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Әурешілік, құр бос әбігерлік.* **2.** *Өз әлін білмейтін тырақай адам.*

**Тыртаң етті.** *Шошаң етті.*

**ТЫРТАҢДА=** е т. *Тыртаң-тыртаң ету, тырбыңдау.*

**ТЫРТАҢДАТ=** е т. **1.** *Тырбаңдату, тыртаң-тыртаң еткізу.* **2.** *Бос әурелендіру.*

**ТЫРТАҢДАТУ** *Тыртаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТАҢДАУ** *Тыртаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТАҢДЫҚ** з а т. *Әлі келмейтін іске әуре болушылық, бекер босқа тыртаңдаушылық, тыраштық.*

**ТЫРТАҢ-ТЫРТАҢ** е л і к. *Шошаңдаған қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Тыртаң-тыртаң етті.** *Шошаңдады.*

**ТЫРТИ=** е т. **1.** *Еті қашып тырбию, ару.* **2.** *Қыпқысқа болып шолтию, тар болу.*

**ТЫРТИТ=** е т. *Шолтиту, қып-қысқа ету.*

**ТЫРТИТУ** *Тыртит етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТИЮ** *Тырти етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҚ** з а т. *Жазылған жара орнына, күйгек денеге пайда болған дақ, таңба. // Бетінде немесе денесінде көрінетін жараның орны, дағы бар адам.*

**ТЫРТЫҚТА=** е т. *Дақ түсіру, таңба салу, жарақаттау.*

**ТЫРТЫҚТАЛ=** е т. *Жазылған жараның тартылып, терінің жиырылуы.*

**ТЫРТЫҚТАЛУ** *Тыртықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҚТАН=** е т. *Тыртыққа айналу.*

**ТЫРТЫҚТАНДЫР=** е т. *Тыртық қалдыру.*

**ТЫРТЫҚТАНДЫРУ** *Тыртықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҚТАНУ** *Тыртықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҚТАУ**[1] *Тыртықта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҚТАУ**[2] с ы н. *Білінер-білінбес тыртығы бар.*

**ТЫРТЫҚША** з а т. *Білінер-білінбес, болар-болмас кішкене тыртық.*

**ТЫРТЫҢ** е л і к. ***Тыртаң.*** *// Шолтиған киім киюшілік.*

**Тыртың етті.** *Жалбақтады, жағымсақтанды.*

**ТЫРТЫҢДА=** е т. **1.** *Бекер босқа әуре боп тырбаңдау, тыраштану.* **2.** *Бір нәрсені істеуге тырбыну, тырысу.*

**ТЫРТЫҢДАУ** *Тыртыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫҢ-ТЫРТЫҢ** е л і к. ***Тыртаң-тыртаң.***

**Тыртың-тыртың етті.** *Шошаң-шошаң етіп қозғалды.*

**ТЫР-ТЫР** е л і к. *Екі қатты заттың үйкелісінен тырылдап шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**Тыр-тыр қасыды**. *Қышынған денені тырнақпен тырылдата тырнады.*

**ТЫР-ТЫРЛА=** е т. *Гүрілдеп, тырылдап дауыс шығару.*

**ТЫР-ТЫРЛАУ** *Тыр-тырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫС=** е т. **1.** *Кері тартыншақтап тырмысу, тырысу, қасарысу, қарысу.* **2.** *Қыртыс-тыртыс болып тұқысу; тыжыраю.*

**ТЫРТЫСТЫР=** е т. **1.** *Қыртыстандыру.* **2.** *Тыртитып тар киім кию.*

**ТЫРТЫСТЫРУ** *Тыртыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРТЫСУ** *Тыртыс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРУ** е л і к. *Тырнаның ұн шығарып, дыбыстағанын білдіретін сөз.*

**ТЫРУЛА=** е т. *Ұшып бара жатқан тырналардың ұн шығаруы, қиқулауы.*

**ТЫРУЛАУ** *Тырула етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫЛ** з а т. **1.** *Трактордың, мәшиненің т.б. оталғанда, жүргенде гүрілдеп шыққан үні; дыбыс.* **2.** *Автоматтың бытыр-бытыр үні, тарсылы.*

**ТЫРЫЛДА=** е т. **1.** *Трактор, мәшине, мотоциклдің т.т. гүрілдеп, тыр-тыр етуі.* **2.** *Автоматтың, пулеметтің тарсылдауы, бытырлауы.*

**ТЫРЫЛДАҚ** с ы н. қ а р а п. *Тырылдағыш, зырылдақ. // Зу-зу еткен жылпос (адам).*

**ТЫРЫЛДАТ=** е т. **1.** *Гүрілдеген дыбыс шығару.* **2.** *Тарсылдаған, бытырлаған дыбыс шығару.*

**ТЫРЫЛДАТУ** *Тырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫЛДАУ** *Тырылда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫМ-ТЫРАҚАЙ** ү с т. с ө й л. ***Тым-тырақай.***

**ТЫРЫС**[1]= е т. *Бір істі орындуға әрекет ету, тырмысу, талаптану, ұмтылу.*

**ТЫРЫС**[2]= е т. **1.** *Қыртыс-тыртыс болып бүрісу, құрысу, жиырылып тартылу. // Тар болып тыртиып тұру, жабысу.* **2.** а у ы с. *Жақтырмау, риза болмау, қырсығу, қитарлану.* **3.** а у ы с. *Қытымырлану, сараңдану, ештеңесін бергісі келмеу.* **4.** а у ы с. *Қартаю, денесі солу.*

**ТЫРЫСҚАҚ**[1] з а т. *Денені тырыстырып, құрыстырып, лоқсытып құстыра беретін өте жұқпалы, қатерлі ауру.*

**ТЫРЫСҚАҚ**[2] с ы н. *Болмашы нәрсеге ашулана қалатын, қитар, қыңыр (кісі).*

**ТЫРЫСҚАҚТЫҚ** з а т. *Не болса соған мінез көрсетіп, тырысып қалушылық, қыңырлық, қитарлық.*

**ТЫРЫСҚАНДЫҚ** з а т. *Ұмтылғандық, талаптанғандық.*

**ТЫРЫСҚЫШ** с ы н. *Қандай да бір істі тындыруға әрекет еткіш, соған ұмтылғыш, талаптанғыш.*

**ТЫРЫСТЫР=** е т. *Құрыстыру, жиырылтып тартылту.*

**ТЫРЫСТЫРУ**[1] *Тырыстыр*[1] *етістігінің қимыл атауы;*

**ТЫРЫСТЫРУ**[2] *Тырыстыр*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫСУ**[1] *Тырыс*[1] *етістігінің қимыл атауы;*

**ТЫРЫСУ**[2] *Тырыс*[2] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫСУШЫ** з а т. *Қандай да бір істі орындауға әрекет жасаушы, соны істеуге ұмтылушы, талаптанушы.*

**ТЫРЫСУШЫЛЫҚ** з а т. *Қандай да бір істі орындауға әрекет етушілік, соған ұмтылушылық, талаптанушылық.*

**ТЫРЫСЫП-БҮРІС=** е т. *Денесі қырысып жиырылу.*

**ТЫРЫСЫП-БҮРІСУ** *Тырысып-бүріс етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫРЫСЫП-ҚҰРЫС=** е т. **1.** *Жиырылу, тартылу.* **2.** а у ы с. *Тыржиып-қыржию, тыжырыну.*

**ТЫРЫСЫП-ТЫРМЫС=** е т. *Тырбанып-тырысу, талпынып жанталасу.*

**ТЫРЫСЫП-ТЫРМЫСУ** *Тырысып-тырмысу етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫС**[1] з а т. **1.** *Үйдің сырты, сырт жақ, дала.* **2.** *Сырт, шет, бөлек; тысқары.* **3.** а у ы с. *Адамның сыртқы пішіні, көзге көрінген жағы, келбеті. // Қатыссыз, ада, сыртында.* **4.** а у ы с. *Қоғам, шетел, басқа жұрт.*

**Тысқа шықты.** а) *Үйдің, ғимараттың, үйме-реттің сыртына бет алды.* ә) э в ф. *Дәретханаға барды, дәрет сындырды.*

**ТЫС**[2] з а т. *Заттың сыртқы қабы, қаптаған сырты, мұқаба.*

**ТЫСҚАП** з а т. *Дәптердің сыртын қаптайтын қағаз немесе целлофан.*

**ТЫСҚАРҒЫ** с ы н. *Сыртқы, шеткі.*

**ТЫСҚАРЫ** ү с т. **1.** *Сырт жерде, далада.* **2.** *Алыс, қашық жер, шет жақ, аулақ. // Шет, сырт қалған, бөлектетілген. // Сыртындағы, қоршауындағы. //Енбей, бөлек, өз алдына дербес. // Бір нәрсенің ауқымынан, шеңберінен шығып кететін, оның аясына сыймайтын.*

**ТЫСҚАРЫДА** ү с т. *Сыртта; далада.*

**ТЫСҚАЯҚ** с ы н. *Тіс қаққан қу, сырдақ.*

**ТЫСҚЫ** ү с т. *Сыртқы, сыртқарғы.*

**ТЫССЫЗ** с ы н. *Тысы жоқ, тысталмаған.*

**ТЫСТА**[1] ү с т. **1.** *Сыртта, далада, есік алдында, үй тысында.* **2.** *Қоршаған ортада, сырт әлемде.*

**ТЫСТА**[2]**=** е т. *Затты, сырт киімді матамен, терімен т.б. қаптау, тыс салу.*

**ТЫСТАЛ=** е т. *Матамен т.б. қапталу, тыс салыну.*

**ТЫСТАЛУ** *Тыстал етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСТАМА** з а т. қ ұ р. *Қаптауға арналған материал.*

**ТЫСТАТ=** е т. *Қаптату, тыс салғызу.*

**ТЫСТАТУ** *Тыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСТАУ**[1] *Тыста*[1] *етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСТЫ** с ы н. *Сыртынан тыстық қапталған, тысталған.*

**ТЫСТЫҚ** с ы н. *Киімді тыстауға, қаптауға лайық, тыс боларлық. // Киімді тыстауға, қаптауға лайық мата, тері т.б.*

**ТЫСЫН** з а т. о к к а з. *Ауқым; несібе.*

**ТЫСЫР** е л і к. *Жүргенде, қозғалғанда шығатын дыбысты, тықырды білдіретін сөз.*

**ТЫСЫРАЙ=** е т. *Әлдеқандай боп тырсию, сазбеттену.*

**ТЫСЫРАЮ** *Тысырай етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСЫРЛА=** е т. *Тысыр-тысыр етіп үн, дыбыс шығару.*

**ТЫСЫРЛАТ=** е т. *Тысыр-тысыр еткізу, тырсылдату.*

**ТЫСЫРЛАТУ** *Тысырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСЫРЛАУ** *Тысырла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫСЫРСЫЗ** с ы н. *Тысырлаған, тықырлаған дыбыс шығармай, дыбыссыз.*

**ТЫСЫР-ТЫСЫР** е л і к. *Сырт-сырт, тырс-тырс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

**ТЫТЫР** з а т. ө с. *Сұр қоңыр топырақты аймақта өсетін, малға жұғымды, аласа өсетін өсімдік.*

**ТЫШ=** е т. қ а р а п. *Үлкен дәретке отыру; қи, нәжіс тастау.*

**ТЫШҚАҚ** з а т. **1.** *Малдан адамға, ауырған адамнан сау адамға жұғатын өте жұғымтал іш ауруы.* 2. қ а р а п. а у ы с. *Қолынан іс келмейтін нашар, жаман адам.*

**Тышқақ лағы жоқ**. қ а р а п. *Бір де малы жоқ, дүниеден жұрдай.* **Тышқақ лақ бітпеген** қ а р а п. [байламаған]. *Мал бітіп көрмеген, түгі жоқ, жарлы.* **Тышқақ тиді.** *Іш ауру келді.* **Тышқақ тиді**. *Іші өтті, тышқақтап ауырды.*

**ТЫШҚАҚТА=** е т. қ а р а п. *Іші бұзылып, тышқақ ауруына шалдығу, тышқақ болу.*

**ТЫШҚАҚТАУ** *Тышқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫШҚАН**[1] з а т. **1.** *Далалы жерді мекендейтін сүйір тұмсықты сүтқоректі жәндік.* **2.** а у ы л - ш а р. *Егістіктерге, азық-түлік қоймасына нұқсан келтіретін зиянкес кеміргіштер.***3.** з о о л. <лат. muridae> *Синантропты аңғалар қатарына жататын, араларында космополиттері де (егеуқұйрықтар) кездесетін кеміргіштер отрядының бір тұқымдасы.* **4.** э т н. *Ескіше шығыс күнтізбесі бойынша 12 жылдың ең бастапқы жылының аты.* **5.** *Үй тышқаны.* **6.** а у ы с. бейн. *Кішкентай, ұсақшыл адам мағынасында.*

**Тышқан ауруы**. в е т. *Шықшыт безі шошудан білеуленіп, ісіп кететін, көбіне жылқы малында болатын кесел.* **Тышқан жорғалатпайды**. *Тірі жанды қыбыр еткізбейді, қимылдатпайды.* **Тышқан жылы.** *Доңыз жылынан соң, сиыр жылынан бұрын келетін, 12 жылда бір рет қайталанып отыратын мүшел есебінің бірінші жылы.* **Тышқан көз**. *Сығырайған кішкене көз.* **Тышқан көрген мысықтай**. бейн. *Жиырылып, шапшып.* **Тышқан қажады**. *Тышқан тісімен егеді, кемірді.* **Тышқан мұрнын қанатпады**. а) *Мал соймады.* ә) *Біреуге зиян істемеді, қиянат жасамады.* **Тышқан мысықпен ойнамайды.** *Өлетін жерін біледі, әл-шамасына қарай қозғалады.* **Тышқанның тықырын сезіп қойды.** *Саққұлақ, сергек.* **Тышқанның ізіндей**. *Тым ұсақ, болар-болмас.* **Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлайды**. к е к е с і н. *Шамасына қарамай, қолынан келмейтін іс істейді деген мағынада.*

**ТЫШҚАН**[2] з а т. в е т. ***Тышқан ауруы.***

**ТЫШҚАН**[3] з а т. ж а ң а. и н ф. <ағыл. mouse> ***Тінтуір*** *(белгілі бір бет бойынша орын ауыстыруы нәтижесінде қызмет етілетін жеке-дара ықшам құрылғы; графикалық ақпаратты енгізу манипуляторы; үстел бетімен жылжытқанда экрандағы меңзерді қозғалтатын, қолмен басқарылатын кішкене пішіні тышқан тәріздес құрылғы).*

**Тышқан меңзері.** <ағыл. mouse cursor> *Тышқан арқылы дисплей экраны бойынша орын ауыстыратын графикалық символ.* **Тышқанмен сүйреу.** и н ф. <ағыл. drag and drop> *Ерекшеленген үзіндіні тышқан меңзерінің соңынан ілестіріп жылжыту.* **Тышқан мұрнын қанатпады.** *Мал соймады, елемеді.* **Тышқан нұсқағышы.** и н ф. <ағыл. mouse pointer> *Тышқан компьютерге қосылғанда және тышқан драйвері жүктелгенде әрқашан экранда тұратын белгі.* **Тышқанның сезгіштігі.** и н ф. <ағыл. mouse sensitivity> *Тышқанның үстел бетіндегі орын ауыстыру жылдамдығы мен экран бетіндегі меңзердің жылжуы арасындағы өзара байланыстың сипаттамасы.* **Тышқан төсемі.** и н ф. <ағыл. mouse pad> *Резеңке немесе пластикалық пластина.* **Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлады.** к е к е с і н. *Шамасына қарамай, қолынан келмейтін іс істейді деген мағынада.*

**ТЫШҚАНБҰРШАҚ** [ор. мышный горошек] з а т. б о т. *Сиыржоңышқаның бір түрі; тышқан сиыржоңышқасы; құнды мал азығы.*

**ТЫШҚАНДАЙ** с ы н. *Кішкентай, титімдей; қаршадай. // Тышқанға ұқсап, тышқан сияқты болып.*

**ТЫШҚАНЖЕГІШ: тышқанжегіш қырғи**. з о о л. *Ұсақ кеміргіштермен қоректенетін күндізгі жыртқыш құс.*

**ТЫШҚАНҚОРЫҚ** з а т. *Тышқанның бірнеше жерден қазып тасталған іні.*

**ТЫШҚАНҚҰЙРЫҚ** з а т. ө с. *Астық тұқымдасына жататын, сабағы сидам, тегіс. Жапырақтары ұзын әрі жіңішке көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**Тышқанқұйрық баттауық.** ө с. <лат. impeata cylindrical> *Астық тұқымдасына, баттауық тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

**ТЫШҚАНША** ү с т. *Тышқанға ұқсап.*

**ТЫШҚАНШАҚ** з а т. в е т. *Айыр түйелер мен азғындаған түйелердің өрісте улы шөп жеп, улануы салдарынан болатын жүгіртпек ауруы.*

**ТЫШҚАНШЫ** з а т. *Тышқан аулағыш (аң, құс туралы).*

**ТЫШҚАНШЫҚ** з а т. в е т. *Сиыр, жылқының құлағасты безінің төменгі тұсында, сағағында пайда болатын ісік.*

**ТЫШҚАНШЫЛА=** е т. **1.** *Тышқан сияқты әрекет істеу.* **2.** *Тышқан аулау, тышқан ұстау.* **3.** а у ы с. *Болымсыз нәрсені кәсіп ету, ұсақ-түйекке үйір болу.*

**ТЫШҚАНШЫЛАУ** *Тышқаншыла етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫШҚАНІЗ** з а т. қ о л ө н е р. *Үш сызықтың арасымен немесе шаршы сызықтар арасымен тігілген тігіс түрі.*

**ТЫШҚЫРТ=** е т. *Бір шыбықпен айдау, тықсыру.*

**ТЫШҚЫРТУ** *Тышқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫШТАҚАЙ** з а т. э к с п р. с ө й л. ***Тұштақай.*** *(Шолжаң, жеңілтек, шошақай).*

**ТЫШТАЛАҢДА=** е т. э к с п р. *Әлдеқандай болып шектен тыс шошаңдау, құтыру.*

**ТЫШТАЛАҢДАТ=** е т. э к с п р. *Шектен тыс шошаңдату, құтырту.*

**ТЫШТАЛАҢДАУ** *Тышталаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫШТАҢДА=** е т. э к с п р. **1.** *Құтыру, шошаңдау, шолтаңдау.* **2.** *Әлін білмей әлектену, құр босқа тыраштану.*

**ТЫШТАҢДАУ** *Тыштаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ТЫШТИ=** е т. э к с п р. *Өз әліне қарамай, әлдеқандай болып шікірею, тұштию.*

**ТЫШТИЮ** *Тышти етістігінің қимыл атауы..*

**ТЫШТЫМА** з а т. э т н. **1.** *Бесіктойда баланың несібесі мол, тоқ болсын деп жасалатын ырым [жаңа туған нәрестені бесікке бөлер алдында бесігінің шүмек тұратын тесігінің астына қолдарын қойған тойшыларға той иесі, баланың шешесі «тыштыма» деп бидай, тары немесе тойдың тәтті дәмін қолын тесіктің астынан өткізіп таратады].* **2.** *Осы ырымды орындаушылар айтатын сөз.* **3.** *Осы ырымда таратылатын тәтті дәм.*

**ТЫШУЫР** з а т. к ә с. э т н. *Ерші сайманы.*

**ТЫЮ** *Тый етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тыйым салу.* **2.** п е д. *Жамандықтан аулақ болуды талап етіп, сол талапты орындату.*

**Тыю қылды.** *Тежеді, тоқтатты.*

**ТЫЮСЫЗ** с ы н . *Бетімен кеткен, бейбастақ, тәрбиесіз.*

**ТІБЕН** з а т . к ө н е . *Түрлі түсті қалың мата.*

**ТІГУ** *Тік етістігінің қимыл атауы.*

**ТІГУЛІ** с ы н . **1.** *Киюге дайын етіп тігілген.* **2.** *Тігілулі, қондырулы (үй, шатыр).* **3.** *Қаттап тіккен, тіркеулі.*

**Тігулі үй, қоралы мал.** *Үй-жай, мал-мүлік.*

**ТІГУШІ** з а т . *Киім тігетін адам; тігінші.*

**ТІГІЛ=** е т. **1.** *Тігіп қойылған.* **2.** *Орналастырылған, қондырылған.*

**ТІГІЛУ** *Тігіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТІГІН** з а т . к ә с . *Киім-кешек, іс тігу ісі.*

**Тігін инесі.** к ә с . *Қолмен және тігін машинасымен іс тігуге арналған ине.*

**ТІГІНДІ** з а т . *Газет-журналдардың жыл сайын тігілген бумасы.*

**Тігінді полимерлер**. х и м . *Буындары біртұтас, химиялық жағынан бір-бірімен байланысқан кеңістіктік тор құрайтын полимерлер.*

**ТІГІНЕН** ү с т . *Тікесінен, тік тұрған қалпында.*

**Тігінен ақпарат алмасу**. и н ф . <ағыл. vertical communication> *Ұйым шегінде ақпараттың бір деңгейден екінші деңгейге қозғалысы.*

**ТІГІНМӘШИНЕСІ**. з а т . 1. *Іс тігетін, киім-кешек тігетін машина.* 2. т е х . *Тігін бұйымдарының бөліктерін өзара тігіспен қосуға, түйме қадауға, торлауға, сондай-ақ әртүрлі кесте тігуге т.б. арналған машина; бұйымдар жасау процесіндегі негізгі технологиялық жабдық.*

**ТІГІНШІ** з а т . *Киім-кешек тігуді кәсіп еткен шебер, маман.*

**ТІГІНШІЛІК** з а т . *Іс тігумен шұғылданушылық, сол кәсіпке мамандданушылық.*

**ТІГІС** з а т . **1.** *Киімді, басқа да затты қайып, тепшіп, жөрмеп т.б. тігу тәсілі, тігу ісі.* **2.** *Киімнің тігілген жері.*

**Тігісін жатқыза айтты [сөйледі].** *Ерсі, жайсыз жайды жұмсартып жуып-шаю туралы айтылады.* **Тігісін жатқызды [білдірмеді].** *Болған ерсі жайдың жай-жапсарын жуып-шайды, әшкере етпеуге тырысты.* **Тігісі жатып, жымы білінбей кетті.** *Бәрі орнына келді.* **Тігісі сөгілді.** *Ыдырады, быт-шыт болды.*

**ТІГІС=** е т. *Тігу ісін бірге атқарысу, тігуге жәрдемдесу.*

**ТІГІСТІК** з а т . *Киімнің тігілген жері.*

**ТІГІСУ** *Тігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗ**[1] з а т . ж е р г . *Ішкиім, дамбал.*

**ТІЗ**[2]**: тіз оқ.** к ө н е . *Оқтың бір түрі.*

**ТІЗ**[3]**=** е т. **1.** *Бірінен соң бірін қатарлап тізбектеу.* **2.** а у ы с . *Еш нәрсесін қалдырмай тәптіштеп теру, жинау.*

**ТІЗБЕ**[1] з а т . **1.** *Адамның аты-жөні жазылған немесе әлдебір заттың рет ыңғайы көрсетілген тізім.* **2.** *Қатарлай тізілген тізбек.*

**ТІЗБЕ**[2] з а т . ж е р г . *Киіз үйдің уықтарын шалып байластыратын жіңішке құр.*

**ТІЗБЕК** з а т . **1.** *Бірінің соңынан бірі тізілген, рет-ретімен тұрған топ, лек, қатар.* **2.** ә с к . *Маңдайшеп бойынша әскердің бір сызықтың бойында 6-8 м (8–12 қадам) аралықта орналасуы.* **3.** и н ф . <ағыл. chain> *Барлық қабырғасы әртүрлі маршрут.*

**Тізбектің өсуі.** х и м . *Мономер молекулаларының белсенді ортаға қосылуы [Мұның нәтижесінде жаңа белсенді орталық түзіледі].* **Тізбектің тууы.** х и м . *Тізбекті реакцияның жүруін қамтамасыз ететін, бірінен соң бірі жүретін қарапайым актілердің алғашқысы [Мұның мәні әрекеттесуші заттар молекулаларының қозып, олардың радикалдарға айналуында].* **Тізбектің үзілуі.** х и м . *Тізбекті реакцияның жүруін қамтамасыз ететін қарапайым актілердің өту ретінің соңғы кезеңі, белсенді орталықтың басқа белсенді орталықтармен немесе молекулалармен әсерлесуі немесе мономолекулалы қосылысқа айналу салдарынан белсенділігінің жойылуы.*

**ТІЗБЕКТЕ=** е т. *Бірінен соң бірін рет-ретімен, қатар-қатар тізу.*

**ТІЗБЕКТЕЛ=** е т. *Тізілу, қатар-қатар болу.*

**ТІЗБЕКТЕЛУ** *Тізбектел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕКТЕН=** е т. *Қатар түзу, қатар-қатар болып көріну.*

**ТІЗБЕКТЕНУ** *Тізбектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕКТЕС=** е т. **1.** *Тізілісу.* **2.** *Қатарласу.*

**ТІЗБЕКТЕСУ** *Тізбектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕКТЕТ=** е т. *Тізілдіру, қатарлап орналастыру.*

**ТІЗБЕКТЕТУ** *Тізбектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕКТЕУ** *Тізбекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕКТІ** с ы н . *Бір-біріне тіресе жалғасқан, тізбектелген.*

**Тізбекті адрестеу**. и н ф . <ағыл. chained adressing> *Байланыс адрестерінің көмегімен тізбектік тізімдегі жазбаларды адрестеу.* **Тізбекті басу құрылғысы**. и н ф . <ағыл. chain printer> *Баспаның бедербелгісі айналатын тізбектің буынына бекітілген басу құрылғысы.* **Тізбекті жазба**. и н ф . <ағыл. chained record> *Тізбектік тізімнің элементі.* **Тізбекті жұмыс**. и н ф . <ағыл. serial operation> *Мәліметтерді жеткізу тізбекті түрде және бір арна бойынша жүзеге асырылатын құрылғының жұмыс режимі.* **Тізбекті интерфейс**. и н ф . <ағыл. sequential interface> *Тізбектік құрылғы (мыс., принтер) мен есептеу машинасы арасындағы интерфейс* **Тізбекті код**. и н ф . <ағыл. chain code> а) *Бағытталған векторлардың үздікті жиыны болып табылатын символдар тізбегін пайдаланып контурларды сипаттау әдісі.* ә) *Кодталатын сөздің екілік разрядтарының тобын циклді ауыстыру арқылы тізбектік мәндерді алуға болатын код.* **Тізбекті қатынас құру**. и н ф . <ағыл. chained access> *Нұсқағышты пайдалану арқылы тізбелі ұйымдастырылған мәліметтерге қатынас құру.* **Тізбекті қосындылауыш**. и н ф . <ағыл. sequential summer> *Қосу үшін сандар тізбекті шартаңба түрінде берілетін қосындылауыш.* **Тізбекті құрылым**. и н ф . <ағыл. chain structure> *Тізбекті тізімнің құрылымы.* **Тізбекті-параллель жұмыс**. и н ф . <ағыл. serial-parallel operation> *Машиналық сөздің байттарын жеткізу бір арна бойынша тізбекті түрде, ал сөзді өңдеу барлық разряд бойынша бір мезгілде жүзеге асырылатын компьютердің жұмыс режимі.* **Тізбекті порт**. и н ф . <ағыл. sequential port> а) *Біріздділік құрылғы қосылатын есептеу машинасындағы айырма (разъем)* ә) *Компьютерге тізбекті интерфейс арқылы әртүрлі құрылғыларды, мыс., жүгіртпені, модемді және т.б. қосуға арналған қосқыш таракша мен порт.* **Тізбекті порттар контроллері**. и н ф . <ағыл. serial port controller> *Байланыстың тізбекті арнасы бойынша дербес компьютердің шалғай құрылғылармен, негізінен сыртқы модеммен, тышқан манипуляторымен, тізбекті принтермен немесе басқа компьютермен мәліметтер алмасуын синхрондауды орындайтын контроллер.* **Тізбекті реакциялар**. х и м . *Реакцияның әрбір тізбегінде активті бөлшектердің пайда болуынан активті емес молекулаларда не ядроларда көп өзгерістер тудыратын активті бөлшектер түзілетін химиялық және ядролық реакциялар.* **Тізбекті талдау**. м а т . *Математикалық статистикада гипотезаны статистикалық жолмен тексеру тәсілі.* **Тізбекті файл**. и н ф . <ағыл. sequential file> а) *Құрауыштарына тек қана тізбекті қатынас құруға болатын файл* ә) *Мәліметтерді тізбекті ұйымдастыруға пайдаланылатын файл.* **Тізбекті іздестіру**. и н ф . <ағыл. chaining search> *Әрбір элементтің келесі элементке нұсқағышы бар болатын іздестіру.*

**ТІЗБЕКТІК** с ы н . *Тізбектелген, тізбек болып тұрылған.*

**Тізбектік жеткізу.** и н ф . <ағыл. serial transmission> *Есептеуіш жүйенің екі элементінің арасында ақпарат жөнелту* **Тізбектік интерфейс.** и н ф . <ағыл. serial interface> *Тізбектік арна бойынша мәліметтерді іске қосу және жеткізу құралдары; ақпарат бір бит бойынша берілетін сәйкестендіру.* **Тізбектік қосындылауыш.** и н ф . <ағыл. the consecutive adder> *Қосылғыштардың разрядын тізбектей өңдейтін қосындылауыш.* **Тізбектік ұйымдастыру.** и н ф . <ағыл. sequential organization> *Жазбалар түсу ретімен тізбектік түрде орналасатын және басынан бастап осы ретпен оқылатын мәліметтер жинағын ұйымдастыру.*

**ТІЗБЕКШЕ: тізбекше жол.** и н ф . <ағыл. string> *Мәліметтердің жеке элементі ретінде қарастырылатын бедербелгі тізбегінен құралған мәліметтер құрылымы; жадта жеке бірлік ретінде сақталатын символдар жиыны.* **Тізбекшелер әдісі.** и н ф . <ағыл. chain method> *Коллизияларды ажырату әдісі.*

**ТІЗБЕЛЕ=** е т. *Бірінен соң бірін тізіп, тәптіштеп айтып беру; тізбектеу.*

**ТІЗБЕЛЕН=** е т. *Тізілу.*

**ТІЗБЕЛЕНУ** *Тізбелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗБЕЛЕУ** *Тізбеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗГІЗ=** е т. *Тіздіру.*

**ТІЗГІЗУ** *Тізгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗГІН** з а т . **1.** *Аттың басын тежеу, басқару үшін пайдаланылатын, ұштары жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс.* **2.** а у ы с . *Ерік, бостандық.* **3.** а у ы с . *Билік, басшылық.*

**Тізгін берді [босатты].** *Ерік берді, ырық берді.* **Тізгін бермеді [бермей кетті].** *Бой бермеді, ырыққа көнбеді.* **Тізгін берілді**. *Бетімен жіберілді.* **Тізгін бойы**. *Тым қысқа, бір метр шамасында.* **Тізгінге жабысты**. *Билікті өз қолына алуға тырысты.* **Тізгінді босатты.** *Ерік берді, ырық берді, еркіне жіберді.* **Тізгін жимады**. *Сескенбеді, айылын жимады.* **Тізгін жіберді**. *Еркіне қоя берді, ағыза шапты.* **Тізгін көшті [тиді, ұстады].** *Билік тиді, ерік өз қолында болды.* **Тізгін салмады**. *Ерік бермеді.* **Тізгінін тартпады.** *Алған бетінен қайтпады, тыйылмады.* **Тізгін тартты**. а) *Аттың басын тежеді.* ә) *Аптықпай байқап сөйледі.* **Тізгін ұстатпаған.** а) *Асау (ат).* ә) *Шолжаң, ерке.* **Тізгін ұшымен келді**. ж е р г . *Асығыс келді, тез жетті.* **Тізгін ұшын берді.** ж е р г . а) *Жәрдем берді, көмектесті.* ә) *Тізгін ұшында, тез, қолма-қол.* **Тізгіні жоқ.** *Көп сөйлейтін, бөспе.* **Тізгінін берді.** *Еркін, тағдырын қолына ұстатты, көнді, бағынды.* **Тізгінін босатты.** *Аттың басын қоя берді.* **Тізгінінен айырылды**. *Билігінен, еркінен жұрдай болды.* **Тізгінін жиды**. *Аяғын тартты, арынын тоқтатты.* **Тізгінін жия алмады.** *Өзін тоқтата алмады; ой ұшығына жете алмады.* **Тізгініне [шылбырына] оралды.** а) *Шын ықыласпен қызмет етті, жабыса кетті.* ә) *Жолына бөгеу болып, жүрем деген адамды тоқтатты.* **Тізгінін өз қолына алды.** а) *Ерік өзіне тиді, өз билігі өзінде болды.* ә) *Өзі басқарды; уысында ұстады.* **Тізгінін өз қолына берді [ұстатты].** *Билігіне берді.* **Тізгінін сүзді**. *Тыпыршыды; бой бермеді, жұлқынды.*

**ТІЗГІНДЕ=** е т. **1.** *Басына жүген кигізу, тізгін тағу.* **2.** а у ы с . *Еркіне жібермей тежеу, билік бермеу.* **3.** а у ы с . *Өзін ұстау.* **4.** а у ы с . *Белгілі бір істі меңгеру, игеру.*

**Тізгіндеп ұстады**. *Өз еркіне жібермей тежеді.*

**ТІЗГІНДЕЛ=** е т. **1.** *Тізгін тағылу.* **2.** а у ы с . *Тоқтатылу, жойылу.*

**ТІЗГІНДЕЛУ** *Тізгіндел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗГІНДЕС=** е т. **1.** *Қатарласа түсу, теңесу.* **2.** а у ы с . *Біреумен таласу, тартысу.*

**ТІЗГІНДЕС** сын. *Қатарлас, тең, бірге.*

**ТІЗГІНДЕСУ** *Тізгіндес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗГІНДЕУ** *Тізгінде етістігінің қимыл атауы; тыйым салу, тежеу.*

**ТІЗГІНДЕУЛІ** сын. *Тіркеулі, байлаулы.*

**ТІЗГІНСІЗ** сын. *Тежеусіз, өз бетімен кеткен.*

**ТІЗГІНСІЗДІК** зат. *Ешкімге бойсұнбаушылық, бетімен кеткендік, тежеусіздік.*

**ТІЗГІНШІ** зат. сөйл. *Жүргізуші, басқарушы.*

**ТІЗГІШ** сын. *Қатар-қатар етіп тізетін.*

**ТІЗГІШТЕ=** ет. *Тізбелеп байлау, тізіп өткізу.*

**ТІЗГІШТЕУ** *Тізгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗДЕ=** ет. *Шөгіп жатқан түйені тұрып кетпеу үшін алдыңғы аяғының біреуін не екеуін кейде төрт аяғын тізесінен астына қарай бүктіріп байлау.* **Тіздеп буды.** жерг. *Төрт аяғын бірдей буды.*

**ТІЗДЕЛ=** ет. *Еріксіз байлану, маталу.*

**ТІЗДЕЛУ** *Тіздел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗДЕУ** *Тізде етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗДЕУЛІ** сын. *Тіздеп байланған, тізделген.*

**ТІЗДІР=** ет. *Тізімге енгізу, қосу.*

**ТІЗДІРУ** *Тіздір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕ** зат. **1.** анат. <лат. genu> *Асық жілік пен ортан жіліктің түйіскен буын тұсы.* **2.** ауыс. *Үстемдік, озбырлық.*

**Тізе батырды [көрсетті].** *Күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* **Тізе буын.** *Қаржілік пен жіліншіктің түйісі.* **Тізе бүгу.** әск. *Қарулы күштердің немесе олардың бөлімдерінің соғыс қимылдары аймағы мен аудандарында, қамалдарында, бекіністі немесе елді мекендерде, теңізде және теңіз базаларында және т.б. жерлерде жеңуші жақ шарттарына мойынсұнуы немесе екі жақ қолбасшыларының өзара келісуіне сәйкес қарсылығын тоқтатуы.* **Тізе бүгіп, қол қусырар жайы жоқ.** *Бағынбайды, жалынбайды деген мағынада.* **Тізе бүкті.** а) *Үнемі тік тұрмай отырды.* ә) *Жасы үлкенді құрметтеді, иіліп сәлемдесті.* б) *Келіндері аталары мен енелеріне, жасы үлкендерге иіліп сәлем берді.* в) *Жеңілгенін мойындап бағынды, бас иді.* **Тізе бүктірді.** *Жеңгенін мойындатты; мысын басты.* **Тізеге басты.** *Күшке салды.* **Тізеден қан кешті.** *Қан майданда жүрді, сұрапыл қантөгісте болды.* **Тізеден суға, белден тауба.** *Суға кеткенде және терең судан өтерде айтылады.* **Тізе жазбады [айырмады].** *Қатар жүрді, жұп жазбады, ажырамады.* **Тізе көрді.** *Жапа шекті, қорлық көрді.* **Тізе көрсетті.** *Зорлық-зомбылық етті, қиянат жасады.* **Тізе қосты.** *Бірікті, бірлесті, ұйымдасты.* **Тізесін бүкпеді.** а) *Тынымсыз қимылдап еңбек етті.* ә) *Жеңілмеді, берілмеді.* **Тізе қатар отырды.** *Тізелерін бүгіп, қаз-қатар отырды.* **Тізесі батты.** *Зорлық-зомбылық жасады, күш көрсетті.* **Тізесі жылып қалды.** *Бұл көбіне қарт кісінің жас әйелмен көңіл қосуына орай айтылады.* **Тізесін батырды.** *Зорлық қылды, күш көрсетті.* **Тізесін кемірді.** *Шыдамсызданды, жұлқынды.* **Тізесін құшақтады.** *Төсекте жалғыз жатты деген мағынада.* **Тізесін өткізді.** *Зорлық жасады, күш көрсетті.* **Тізе бүгіп көрмеді.** *Демалып, тыныстауды білмеді, жұмыссыз отырмады.* **Тізе жазбады.** *Жұбы ажырамады, қатары бытырамады.* **Тізеден қан кешті.** *Үлкен қырғын майдан, сұрапыл соғыс туралы айтылады.* **Тізесін таяды.** *Тізесін батырды, күш көрсетті.* **Тізе қосты.** *Ұйымдасып бірікті, топтасты.* **Тізесін кемірді.** *Шыдамсызданды.* **Тізесі батты.** *Біреудің езгісінде болды, зорлық-зомбылығын көрді.* **Тізесін батырды.** а) *Күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады, өктемдік жүргізді.* ә) *Еркіне жібермеді, шектен шығармады, тосқауыл болды.*

**ТІЗЕЖАПҚЫШ** зат. *Тізе буынын нығайтып, жарақаттан қорғау немесе сақтандыру үшін созылмалы резеңкеден немесе матадан тігілетін өкше мен бармақ бастарын кигізетін бөліктері жоқ жабдық.*

**ТІЗЕҚАП**[1] зат. этн. *Күн суықта аязды күндері екі бұтқа ғана киетін, ауы, ышқыры жоқ екі балақ.*

**ТІЗЕҚАП**[1] зат. спорт. *Тізе буыны мен сіңірлерін жарақат пен созып алудан сақтау үшін пайдаланылатын созылмалы манжет.*

**ТІЗЕЛЕ=** ет. сөйл. ***Тізерле.***

**ТІЗЕЛЕС=** ет. **1.** *Бір-біріне жақын кеп қатарласа, тізбектесе, қаз-қатар отыру.* **2.** ауыс. *Белгілі бір іс-әрекет жайында тіресу, тайталасу, егесу.*

**ТІЗЕЛЕС** сын. *Қатарлас, теңдес, замандас.*

**ТІЗЕЛЕСТІР=** ет. *Қатарластыру.*

**ТІЗЕЛЕСТІРУ** *Тізелестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕЛЕСУ** *Тізелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕЛЕУ** *Тізеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕЛІ** сын. *Мықты, зор, күшті, адуынды.*

**ТІЗЕЛІК** зат. **1.** *Адамның, малдың тізе тұсы (мөлшер).* **2.** *Шалбардың тізе тұсы.* **3.** әск. *Жаяугердің тізесін қорғайтын жарақ [10–12 ғасырларға жататын т і з е л і к т і ң бір нұсқасы қыпшақ обаларынан табылған].*

**ТІЗЕРЛЕ=** ет. **1.** *Тізені жерге тигізе бүгіп, жүгіне отыру.* **2.** *Тізеге салып жұмарлап басу, тізесін батыру.*

**ТІЗЕРЛЕС** сын. **1.** *Бірге жүрген, теңдес, қатарлас.* **2.** *Қаз-қатар, тізелес.*

**ТІЗЕРЛЕС=** ет. *Қатар отырысу; тізелесу.*

**ТІЗЕРЛЕСУ** *Тізерлес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕРЛЕТ=** ет. *Тізесін бүктіріп, жүгіне отырғызу, шөкелету.*

**ТІЗЕРЛЕТУ** *Тізерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕРЛЕУ** *Тізерле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗЕРЛІК** зат. *Шалбардың тізе тұсы.*

**ТІЗЕТАЛҚЫ** зат. кәс. *Көнді тіземен илеуге арналған ағаш құрал.*

**ТІЗҚАТАР** сын. жерг. *Қаз-қатар.*

**ТІЗУ** *Тіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІЛ=** ет. **1.** *Тізбектелу, тарам-тарам болу.* **2.** *Қатарластырылу, қатар-қатар қойылу.*

**ТІЗІЛДІР=** ет. *Тізбектету, қатарластыру.*

**ТІЗІЛДІРУ** *Тізілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІЛТ=** ет. *Тізбелету, тізбектету.*

**ТІЗІЛТУ** *Тізілт етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІЛУ** *Тізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІЛІМ** зат. *Тізім.*

**ТІЗІЛІС=** ет. *Қаз-қатар боп тізбектелісу, қатарласа тұру.*

**ТІЗІЛІСУ** *Тізіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІМ** зат. **1.** *Адамның, мал-мүлік, дүниенің қағаз бетіне рет-ретімен жазылған аты.* **2.** инф. <ағыл. list> *Объектілер тізімі; өзара логикалық түрде байланысқан жазбалар тізбегі (тізім элементтері) болып саналатын мәліметтер құрылымы.*

**Тізім басқарушысы.** инф. <ағыл. moderator> *Электрондық поштада – пошта тізімінің басқарушысы келіп түскен хабарларды оқып тексеріп, арналған тақырыбына сәйкес материалдарды таңдап алып тізімге қосушы.* **Тізімге алды.** *Аты-жөнін қағазға жазды, тіркеді, санады, ескерді, түгендеді.* **Тізімдерді өңдеу.** инф. <ағыл. list processing> *Тізімдер көмегімен орындалатын операциялар жиыны.* **Тізімдерді өңдеу тілі.** инф. <ағыл. list processing language> *Тізімдер түрінде ұсынылған мәліметтерді өңдеу үшін пайдаланылатын программалау тілі.* **Тізім процессоры.** инф. <ағыл. list processor> *Тізімдерді өңдеуге арналған бағдарламалау тілі.* **Тізім тақырыбы.** инф. <ағыл. list header> *Тізім немесе ішкі тізімнің бастапқы адресінен тұратын жазба.*

**ТІЗІМДЕ=** ет. *Тізімге алу, тізімін жасау.*

**ТІЗІМДЕЛ=** ет. *Тізімге алыну.*

**ТІЗІМДЕЛУ** *Тізімдел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІМДЕМЕ** зат. *Бір салаға қатысты заттардың тізімі.*

**ТІЗІМДЕУ** *Тізімде етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЗІМДІК: тізімдік құрылым.** инф. <ағыл. list structure> *Өзінен шығатын барлық ішкі тізімдерімен бірге тізбекті тізіммен құрылған мәліметтер құрылымы.* **Тізімдік ұсыну.** инф. <ағыл. list representation> *Мәліметтерді сызықтық немесе тізбектік тізім түрінде ұсыну.*

**ТІК** сын. **1.** *Тікесінен, тура, түп-түзу.* **2.** *Биік, құлди, шаншылған, тіп-тік.* **3.** ауыс. *Төтесінен, бірден.*

**Тігерге тұяқ қалмады.** *Мал атаулыдан түк жоқ (кейде адаммен байланысты да айтылады), қырылып қалды.* **Тік айтты.** *Өз ойын батыл білдірді, күмілжімеді.* **Тік бөрік.** жерг. а) *Қыздардың үкілі тақиясы сияқты бөрік.* ә) *Жиегі қатырмалы биік бөрік.* **Тік білікті сорғы.** сушар. *Тұтқырлығы және химиялық белсенділігі жағынан суға ұқсас, өлшемі 0,1 мм дейін болатын жүзінді бөлшек құрамы массасының 0,3%-дан аспайтын, температурасы 35°С-қа дейінгі сұйықтықтарды кептіруге арналған сорғы.* **Тік жаға.** *Жағасы ұзынынан да, көлденеңінен де бірнеше рет тігілгендіктен қатайып, тік көтеріліп тұратын жаға.* **Тік жағалы еркек көйлек.** жерг. *Жағасы бірнеше рет ұзынынан да, көлденеңінен де тігіліп, жағасы қатайып тік тұратын жейде.* **Тік кәріз.** сушар. *Үңгіма жерасты суының деңгейін төмендету және кәрізді ұңғыма арқылы топырақ тұзы мен суының режимін бақылайтын техникалық құрылғы.* **Тік келді [кетті].** *Қатты, батыл айтты.* **Тік көтерілді.** *Бірі қалмай бәрі өре тұрды, бәрі жабыла шықты.* **Тік құлама.** сушар. *Гидротехникалық құрылыстарды бір-бірімен жалғастыру түрлерінің бірі, судың артық энергиясын (су арынын) баяулату әдісі.* **Тік мата.** *Жол-жол мата.* **Тік меню.** инф. <ағыл. vertical menu> *Элементтері (бөлімдері) бірінің астына бірі тік орналасқан меню.* **Тік микрокод.** инф. <ағыл. vertical microcode> *Жоғарыдан төмен тізбекті орындалатын, төменгі деңгейлі командалардан тұратын микропрограмма.* **Тік микрокоманда.** инф. <ағыл. vertical microinstruction> *Жеке микрооперацияны бір немесе екі регистрмен беретін микрокоманда.* **Тік мінез.** *Мінезі нашар, ожар.* **Тік оқ.** кәс. *Шығырды айналдыратын ағаш.* **Тік өркеш.** кәс. *Қисаймай, түзу тұрған семіз түйенің өркеші.* **Тік саты.** спорт. *Өрмелеу үшін гимнастикалық алаңдар мен залдарға қойылатын спорттық жабдық.* **Тік сөзді.** *Бетің бар, жүзің бар демей тура айтатын кісі туралы айтылады.* **Тік сутартқы.** сушар. *Цилиндрлі немесе призмалы, ұңғымалы пішіндегі жерасты жынысының қабатындағы сулы деңгейден су алу.* **Тік сутұндырғыш.** сушар. *Шеңбер немесе төрт бұрышты темірбетон түрінде тік орнатылған су тұндырғысы.* **Тік тартты.** *Жер, тұрмыс жағдайына қарай әр елдің сазы (ән-күйі) да әр алуан деген мағынада.* **Тік тұр.** *Сапта қалшиып (қимылдамай) тұруға берілетін бұйрық.* **Тік тұрды [тұрып күтті].** *Жік-жапар болды, барынша аянбай күтті.* **Тік шелек.** жерг. *Цилиндр тәрізді аузы мен түбі бірдей биікше келген шелек түрі.*

**ТІК**[1]**=** ет. *Инемен не іс мәшинесімен киім-кешек т.б. заттарды тігіп тепшу, жөрмеу, көктеу.*

**ТІК**[2]**=** ет. *Ағаш, гүл, көкөніс өсімдік көшеттерін жерге отырғызу, егу, қадау.*

**ТІК**[3]**=** ет. *Бәйгеге немесе бәстескен адамдардың жеңгеніне ақшалай немесе заттай жүлде қою, белгілеу.*

**Тігерге тұяқ жоқ.** *Мал атаулыдан ештеңе қалмаған, түк жоқ, жұрдай.* **Тігерге тұяқ қалмады.** *Малдан жұрдай болып айырылды.*

**ТІКАЯҚ**[1] *Икемсіз, орашолақ.*

**ТІКАЯҚ**[2] зат. жерг. *Шыныаяқ, шәшке.*

**ТІКБАҚАЙ** сын. *Шаруаға қыры жоқ, түк істемейтін (адам).*

**ТІКБЕЛДЕУЛІК** зат. геогр. <лат. vertikalis>. *Таулы аудандарда ауа райының, топырақтың, өсімдіктер мен жануарлардың биіктікке қарай біртіндеп алмасуы.*

**ТІКБҰРЫШТЫ** сын. *Бұрыштары тік болатын.*

**ТІКЕ** үст. *Тік, тура.*

**Тіке адрестеу**. инф. *Операндтың атқарылатын адресі команда құрамына оның бір бөлігі болып кіруі [операнд сақталатын жад ұяшығының адресі команданың адрестік бөлігінде көрсетіледі].* **Тіке бояу**. хим. *Материалды тіке бояғыштардың көмегімен сулы ерітінділерде бояу.* **Тіке [төте] режім**. инф. <ағыл. direct mode> *Қатынас құру режімі [құжаттағы өзгертулер буферде жинақталмай, олардың өзгертілген нәтижелері файлда бірден сақталады].* **Тіке сызықты.** кәс. *Қазақ бұйымдарындағы түзу жүргізілген геометриялық ою-өрнек.* **Тікесінен тік тұрды**. *Тұрған қалпында тізе бүкпеді.* **Тіке тоңазытқыш**. хим. *Буды конденсациялауға және түзілген сұйықтықты жүйеден шығаруға арналған мұздатқыш.* **Тіке эмульсия.** хим. *Майдалық фазасы – плюссіз сұйықтық, ал майдалық ортасы – полюсті сұйықтық болатын эмульсия.*

**ТІКЕДЕН-ТІК** үст. *Тіп-тік, тұп-тура.*

**ТІКЕЙ=** ет. **1.** *Тіп-тік болу, тікірею.* **2.** ауыс. *Тұру, көтерілу, орнына қайта келу.*

**ТІКЕЙТ=** ет. **1.** *Тікірейту.* **2.** *Тұрғызу, тігінен қою.*

**ТІКЕЙТУ** *Тікейт етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКЕЛЕЙ** үст. **1.** *Тіке, тұп-тура, бірден.* **2.** *Ең негізгі, арнайы.*

**Тікелей адрес.** инф. *Мәшине командасының адрестік өрісінде орналасқан мәліметтер.* **Тікелей аралас қатынас.** заң. *Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті әртүрлі көлік түрлерімен бірыңғай көлік құжаты бойынша тасымалдау.* **Тікелей араластыру.** инф. <ағыл. direct access hashing> *Орналастыру міндеті әртүрлі кіріс мәліметтері үшін әртүрлі мәндер беретін араластыру әдісі.* **Тікелей басқару.** инф. *Микрокомандадағы өрістің мағынасы осы микрокомандадағы басқа өрістің мәніне тәуелді болатын микробағдарламалау әдісі.* **Тікелей бастық.** әск. *Қарамағындағыларға ең жақын бастық.* **Тікелей бойтаса.** әск. *Аға басшы ұйымдастырған бойтасадан басқа, бөлімдер мен бөлімшелердің өз күшімен салынатын бойтаса, панажай.* **Тікелей жалғастыру.** инф. <ағыл. point-to-point connection> *Ауыстырып қосудың аралық құралдарын пайдаланбайтын компьютер мен терминалдардың арасындағы тұрақты байланыс арнасы.* **Тікелей қорғау.** әск. *Үлкен басшылар ұйымдастыратын, бөлімше командирі жіберетін қорғау.* **Тікелей операнд.** инф. <ағыл. immediate operand> *Команда өрісінде орналасқан команда операнды; мәшине командасының адрестік өрісінде орналасқан мәліметтер.* **Тікелей пішімдеу.** инф. <ағыл. on-screen formatting> *Мәтіндерді дайындау жүйелерінде мәтінді енгізумен әрі редакциялаумен бір мезгілде орындалатын және дисплей экранында бейнеленетін мәтінді пішімдеу.* **Тікелей режім.** инф. <ағыл. immediate mode> *Пайдаланушы дисплей экранындағы процестер мен ақпараттық объектілердің кескініне әсер ете отырып, жүйені басқаратын интерактивті жүйені ұйымдастыру тәсілі.* **Тікелей сайлау.** саяси-қоғ. *Сайлауды өткізу тәртібі; ең жоғары мемлекеттік биліктерге лауазымды тұлғаларды сайлаудың демократиялық төте жолы.* **Тікелей сыртқы сауда айналымы.** экон. *Халық шаруашылығы балансының жиынтық көрсеткіштерінің бірі [Ол елдің шетелмен экономикалық байланысын сипаттайды. Тауарды сатып алу, сату жөніндегі коммерциялық мәмілелер нәтижесінде мемлекеттік шегарадан кесіп өтетін тауардың құны, сондай-ақ коммерциялық негізде сатылған және сатып алушы елдің меншігіне ауысқан, бірақ сатушы елдің аумағында қалған тауардың құны болып табылады].* **Тікелей толатын көлтабан.** сушар. *Еріген қар суымен және көктемгі тасқын және жауын-шашын, нөсер суларымен толатын көлтабан.* **Тікелей ұйымдастыру.** инф. <ағыл. direct organization> *Мәліметтердің тікелей жинағын ұйымдастыру.* **Тікелей шаруашылық байланыстар.** экон. *Кәсіпорындар арасында тікелей жасасылған шаруашылық шарттарға негізделген кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынас.* **Тікелей шығындар.** экон. *Өнімнің, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген түрлерін өндіруге, орындауға, көрсетуге тікелей байланысты және олардың құнына тікелей жатқызылатын шығыстар.* **Тікелей ықпал шеңбері.** экон. *Ұйымға тікелей әсер ететін факторлар, сондай-ақ ұйымның осы факторларға әсер ететін сыртқы ортасы.* **Тікелей іздеу.** инф. <ағыл. immediate search> *Мәліметтерді олардың адрестері бойынша іздестіру.* **Тікелей эфир.** *Радио, теледидарда хабар жүргізуші мен тыңдарман, көрермен арасындағы байланыс.* **Тікелей шығару.** инф. <ағыл. immediate reasoning> *Егер грамматиканы тудырған ереже ішінде x=>y ережесі болса, онда қос axb және ayb тізбегі болады.*

**ТІКЕЛЕН=** ет. сөйл. **1.** *Тіке келу, батылдану, өршелену.* **2.** *Ашулану, қаһарлану.*

**ТІКЕЛЕНУ** *Тікелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКЕН** зат. *Кейбір ағаштар мен өсімдіктердің бұтақтарында болатын ұш жағы ұшкір зат, тікенек.*

**Тікен тілді.** *Өткір сөзді.*

**ТІКЕНАҒАШ** зат. бот. жерг. *Қарамала.*

**ТІКЕНБАС** зат. өс. <лат. acanthocephalis> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер.*

**Тікенбас құрттар**. зоол. *Скребнилер типіне жататын жалғыз класс.*

**ТІКЕНБҰРШАҚ** зат. бот. *Тау баурайларында, шалғынды жерлерде өсетін бұршақ тұқымдас өсімдік* [*Сабағы тікенді, жемісінің түсі қызыл*].

**ТІКЕНГҮЛ** зат. бот. *Қарымошаған.*

**ТІКЕНҒАЛДАҚ** зат. бот. жерг. *Бүрген.*

**ТІКЕНДЕЙ** сын. *Тікен сияқты, өткір.*

**Тікендей қадалды.** *Қатты батты.*

**ТІКЕНДІ** сын. *Тікені қалың, тікенегі көп.*

**Тікенді бұта.** бот. *Өркендерінде ұшкір қатты өсінділері бар тұп-тұп болып өсетін ағаштан аласа өсімдіктер.* **Тікенді бұтақ.** бот. *Өн бойында ұсақ-ұсақ ұшкір өскіндері бар ағаш діңінің тарамы.* **Тікенді жүзген.** өс. <лат. spinosissimum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.* **Тікенді кеуел.** бот. <лат. capparis spinosa> *Кеуелдің тікенегі бар түрі.* **Тікенді қарақат.** бот. <лат. ribes hispidulum> *Биіктігі 1,5–2 метрлік бұта.* **Тікенді қарлыған**. бот. <лат. grossularia acicularis> *Қарлыған тұқымдасына жататын, биіктігі 50–100 см, маусым айында гүлдеп, жемісі шілдеде пісетін жидекті бұта.* **Тікенді қараөрік.** бот. <лат. prunus spinosa> *Биіктігі үш метрге дейін жететін, бұталарының көбінің ұшында өткір тікені болатын, жапырақтары майда, сағақтары қысқа, бұталы өсімдік.* **Тікенді раушан.** өс. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын биіктігі 2 метрге дейін жететін бұта.* **Тікенді таумасақ.** бот. <лат. orostachys spinosa> *Екіжылдық өсімдік түрі.* **Тікенді сарысояу.** өс. <лат. xanthium spinosum> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік түрі.*

**ТІКЕНЕК** зат. **1.** *Кейбір өсімдіктер жапырағының шетіне шығатын майда тікен.* **2.** биол. *Қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларына байланысты түрін өзгерткен жапырақ.* **3.** ауыс. *Қатты, тастай.* **4.** ауыс. *Азап, машақат, у, дерт.*

**Тікенегі сыртына шықты**. *Жаңадан босанған әйел туралы айтылады.* **Тікенектен шошып, шоқ басты**. *Бір бәледен қашам деп, екінші бәлеге ұрынды.* **Тікенекті бозтікен.** өс. <лат. acanthophyllum pungens> *Сабағы ұзын, жуандығы 7 мм, биіктігі 50–80 см шөп сабақтас өсімдік.*

**ТІКЕНЕКТЕЙ** үст. *Тікендей, тікен сияқты.*

**ТІКЕНЖАПЫРАҚ** зат. өс. ***Бозтікен*** *(жартылай тікенекті, ұзын кіндік тамырлы, бұтақты, көпжылдық өсімдік).*

**ТІКЕНЖИДЕК** зат. бот. жерг. *Шырғанақ.*

**ТІКЕНҚАБЫҚ** зат. бот. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ТІКЕНҚУРАЙ** зат. өс. *Шөп тектес бір-екі жылдық дәрілік өсімдік [Сабағы көп, тік өседі. Жапырақтары ұзынша келген, ұштары сүймір, гүлі шар тәрізді, тікенді келген, түсі сары. Жемісі сопақша, дән. Шілде, тамыз айларында гүлдейді].*

**ТІКЕНОТ** зат. бот. *Қатқыл жерлерде өсетін, тікенді өсімдік.*

**ТІКЕНСАБАҚ** зат. өс. *Далалы, шалғынды жерлерде өсетін, сабағы жуан әрі тікенді өсімдік.*

**ТІКЕНТЕРІЛІЛЕР** зат. өс. <лат. echinodermata> *Теңіз омыртқасыздарының бір типі.*

**Тікентерілілер типі**. биол. *Омыртқасыз жануарлар тобының бір типі.*

**ТІКЕНТҮК** *Шөл, шөлейтті жерлерде өсетін өсімдік.* [*Өн бойын тікен сияқты майда түкшелер жауып тұрады*].

**ТІКЕНШЕ** үст. *Тікен сияқты, тікендей.*

**ТІКЕНШӨП** зат. өс. <лат. scolochloa> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

**ТІКЕСІНЕН** үст. **1.** *Тіп-тік, тура.* **2.** *Турасынан, төтесінен, бірден.*

**Тікесінен тік тұрып күтті.** *Жаны қалмай қызмет етті.*

**ТІКЕЮ** *Тікей етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКИ=** ет. **1.** *Тіп-тік болу.* **2.** *Тікірею, едірею.*

**ТІКИЮ** *Тіки етістігінің қимыл атауы.*

**ТІККІЗ=** ет. **1.** *Киім тіктіру.* **2.** *Киіз үй тіктіру.*

**ТІККІЗУ** *Тіккіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТІККІШ** сын. *Киімді сәндеп тігетін, киім тігуге шебер.*

**ТІКҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. orthoptera> *Жәндіктердің бір отряды.*

**ТІКҚҰЛАҚ** зат. *Темекінің бір сорты.*

**ТІКМЕ** сын. көне. *Тікпе, қабаттап тігілген.*

**ТІКПЕКІЛ** зат. жерг. *Асық ойынының бір түрі.*

**ТІКСИ=** ет. *Тікірейе қарау, ожырау, тікшию.*

**ТІКСИЮ** *Тікси етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКСІН=** ет. **1.** *Әлденеден сезіктену, секем алу.* **2.** *Сескену, тітіркену.*

**ТІКСІНДІР=** ет. *Тіксінту, тітіркендіру.*

**ТІКСІНДІРУ** *Тіксіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКСІНТ=** ет. *Тіксіндіру.*

**ТІКСІНТУ** *Тіксінт етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКСІНУ** *Тіксін етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКСІНІҢКІРЕ=** ет. **1.** *Әлденеден сезіктеніңкіреу, секем алғандай болу.* **2.** *Бойы тітіреңкіреу, қорқыңқырау.*

**ТІКСІНІҢКІРЕУ** *Тіксініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТАС** зат. геогр. *Жотаның қырымен жүруді қиындататын жолдың бойында оның қырынан биік тұрған тіп-тік тас қабырға.*

**ТІКТЕ=** ет. **1.** *Денесін, бойын тік ұстау.* **2.** *Тура қарау, қадалу.*

**ТІКТЕЛ=** ет. **1.** *Түзулену.* **2.** *Қадалу.*

**ТІКТЕЛУ** *Тіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТЕН=** ет. **1.** *Қадалу.* **2.** *Тіксіну, сескену.*

**ТІКТЕНУ** *Тіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТЕС=** ет. **1.** *Қарсы келу, тіресу, таласу.* **2.** *Қадала карасу, қадалысу.*

**ТІКТЕСУ** *Тіктес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТЕТ=** ет. *Түзулету, тік ұстату, тігінен қойғызу.*

**ТІКТЕТУ** *Тіктет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТЕУ**[1] сын. **1.** *Тік келген, түзулеу.* **2.** *Тікелеу, туралау, өткірлеу, батылдау.* **3.** ауыс. *Қатаңдау, қатқылдау, ерсілеу.*

**ТІКТЕУ**[2] *Тікте етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТӨРТБҰРЫШ** зат. геом. *Барлық бұрыштары тік болатын төртбұрыш.*

**ТІКТІР=** е т. **1.** *Киім тіккізу.* **2.** *Киіз үй тіккізу.*

**ТІКТІРТ=** е т. *Тіккіздіру.*

**ТІКТІРТУ** *Тіктірт етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТІРУ** *Тіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКТІРІЛ=** е т. *Тіккізілу.*

**ТІКТІРІЛУ** *Тіктіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКҰШАҚ** з а т. *Көтеру үшін бір не бірнеше ауа винті іске қосылатын, тік көтеріліп, тік қона алатын ауадан ауыр ұшу аппараты.*

**Тікұшақ алаңы.** ә с к. *Тікұшақтардың ұшып-қонуына, орналасуына және оларға қызмет көрсетілуіне арналған жер телімі.* **Тікұшақ тасығыш.** ә с к. *Теңіз десантының алдыңғы жасағын түсіру және тасымалдау немесе сүңгуір қайықтарды іздеп табу мен жоюға арналған тікұшақтар таситын ұрыс кемесі.* **Тікұшақтардың жіктелуі.** ә с к. *Тікұшақтардың айналдыру моментін түзу тәсіліне, қалақтарының саны мен орналасуына, сонымен қатар қозғалтқышының түріне қарай тартпалы механикалық тікұшақтар, реактивті тікұшақтар, құрастырмалы тікұшақтар (бұрамалы қалақты) және тікұшақұшақтар (конвертопландар) болып бөлінуі.*

**ТІКШЕ** с ы н. *Тіктеу келген, биіктеу.*

**Тікше сандықтай.** *Жан-жағы түп-түзу сандық тәрізді.*

**ТІКШЕЛЕ=** е т. *Тікейту, тік ету.*

**ТІКШЕЛЕН=** е т. *Тіктену, түзулену.*

**ТІКШЕЛЕНУ** *Тікшелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКШЕЛЕУ** с ы н. *Тіктеу, тігірек.*

**ТІКШИ=** е т. *Тікесінен тік тұру, тікірею, тікию.*

**ТІКШИТ=** е т. *Тікірейту, тікиту.*

**ТІКШИТУ** *Тікшит етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКШИЮ** *Тікши етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКШІЛ** с ы н. **1.** *Тіктеу, тік келген.* **2.** а у ы с. *Мінезі бірбеткей, қатты.*

**Тікшіл мінез.** *Мінезі тіктеу, бетке тура айтатын әдет, құлық.*

**ТІКІЛЕН=** е т. с ө й л. *Айтқанын орындауға тырысып екілену, едіреңдеу, едірею.*

**ТІКІЛЕНУ** *Тікілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКІРЕЙ=** е т. **1.** *Әдеттен тыс қалып көрсетіп тесірейіп қарау, тікшию, тікілену.* **2.** а у ы с. *Сазару, бедірею.* **3.** а у ы с. *Едірею, тікшию.*

**ТІКІРЕЙТ=** е т. **1.** *Тікшиту, едірейту.* **2.** *Көзін тесірейту.*

**ТІКІРЕЙТУ** *Тікірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ТІКІРЕЮ** *Тікірей етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛ**[1] з а т. **1.** а н а т. <лат. lingua> *Жан-жануарлардың, адамның дәм сезетін, адамдардың сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше.* **2.** *Сағаттың уақыт мөлшерін білдіріп тұратын көрсеткіші.* **3.** *Темір айылбастың жырым бекітілген тиек бөлігі.*

**Тілі аузына сыймады [таңдайға жабысты].** *Аузы керсіп, қатты шөлдеді, сусады.* **Тілі салақтады.** *Тілі аузынан шықты.*

**ТІЛ**[2] з а т. **1.** *Адамдардың қоғамдық өмірде бірін-бірі түсініп, пікір алысар қатынас құралы болып табылатын, дыбыстық және сөз құрамдары мен грамматикалық тәсілдер жүйесі.* **2.** *Адамдардың ойлау қабілетін іске асырып, оны дамытатын, ерік-жігерін, сезімін білдіретін мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал.* **3.** *Айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес.* **4.** л и н г в. *Ана тілінің заңдылықтарын, ереже-қағидаларын оқытатын арнайы пән.* **5.** а у ы с. *Соғыс даласында мәлімет алу мақсатында қолға түсірген тірі тұтқын.* **6.** и н ф. *Есептеуіш машинаға командалар беру тәсілін анықтайтын ережелер жиынағы.* // с ө й л. *Психикалық, құрал-жабдықпен жұмыс істеудің, іске қосудың тәртібі, ережесі.*

**Тіл алғызды.** *Айтқанына көндірді, дегенін істетті.* **Тіл алды.** *Айтқанды орындады, істеді, тілге көнді.* **Тіл алды дауыссыздар.** л и н г в. *Тіл ұшының үстіңгі тіске тіреліп, ауа екпінінің шұғыл шығуынан жасалатын дауыс.сызар: т, д, л, н.* **Тіл алды дауыстылар.** л и н г в. *Тілдің ілгері созылуы арқылы жасалатын дауыс.ты дыбыстар; жіңішке дауыс.тылар: ә, е, ө, т.б.* **Тіл арты дауыссыздар.** л и н г в. *Тілдің артқы жағының белсенді қызметі арқылы, яғни оның қатты таңдайға тиюі арқылы жасалатын дауыс.сыздар: қ, ғ, ң, х.* **Тіл арты дауыстылар.** л и н г в. *Тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалатын дауыс.тылар; жуан дауыс.тылар: а, о, ұ т.б.* **Тіл астында тіл бар.** *Күнде айтып, сөйлеп жүргенінен басқа, басқаша мінез танытатын тағы бір «тілі» бар деген мағынада; екі түрлі сөйлеу.* **Тіл әкелді.** а) *Сыр білу үшін жау адамын ұстап әкелді.* ә) *Жаңалық хабар жеткізді.* **Тіл байлады.** а) *Сөз айтқызбады, тіл қатқызбады, сөйлетпеді.* ә) м и ф. *Әртүрлі дұғалар арқылы жыланды адамды шағатын қасиетінен айыру.* **Тіл безеді.** *Тілге ерік берді, сөз көрігін қыздырды.* **Тіл безерге сүйенген.** *Тілзар, бос сөзге үйір.* **Тіл безеулі, сойыл кезеулі болды.** *Айтар дауы да, қарсыласар күші де дайын.* **Тіл берді.** *Хабар берді, жауап қайтарды.* **Тіл буынсыз.** *Сөзде шек жоқ, тоқтау жоқ деген мағынада.* **Тіл білімі.** л и н г в. *Әлем тілдерінің құрылысын, әлеуметтік қызметін және тарихи дамуын, адамзаттың табиғи тілін, оның жалпы заңдылықтарын, қолданылуын және адам қоғамын зерттейтін гуманитарлық ғылым саласы.* **Тіл білімі терминдері.** л и н г в. *Тіл білімі саласындағы арнайы ұғымдар мен өзіне ғана тән объектілерді білдіру үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтық атауы.* **Тіл біліміндегі логикалық бағыт.** л и н г в. *Тілді ойлауға және логика мен философияның әртүрлі ағымдарына қатысы тұрғысын зерттейтін көзқарастар жиынтығы [Логикалық бағытқа жалпы тән сипаттар: тілді таным теориясы тұрғысынан зерттеуге тырысу; тілдің жалпыға ортақ қасиеттерін ашу үшін оны талдаудың жалпы принциптерін жасауға ұмтылу; тілдің тарихи даму тұрпатынан гөрі тұрақты сапаларын зерттеуге ұмтылу; тілдік категориялардың көбінесе мазмұндық, қызметтік жағына көңіл аудару; грамматикалық категорияларды логикалық категориялармен байланыстырып анықтауға ұмтылу. Тілге логикалық тұрғыдан келу көне грек философтарынан басталады].* **Тіл білімінің зерттеу әдістері.** л и н г в. *Тілдің маңызды жақтарын зерттеудің жолы, тәсілі, солардың жиынтығы.* **Тіл білімінің құрылымы.** л и н г в. *Тіл туралы ғылымның дәстүрлі қалыптасқан салалары: фонетика, фонология, морфонология, грамматика (морфология, синтаксис), лексикология, фразеология, лексикография, ономасиология, семантика, сөйлеу қызметінің теориясы.* **Тіл білімінің тарихнамасы.** л и н г в. *Ғылым мен мәдениет тарихындағы тіл туралы білімнің дамуына, оның теориялық мәнін түсінуге, жалпы тіл туралы тілдің шығу тегіндегі теориялар мен тұжырымдарды, ағым-дәстүрлерді, бағыттар мен мектептерді талдауға арналған зерттеулер.* **Тіл білімінің тарихы.** л и н г в. *Тіл білімі тарихы б.з.д. 3–2 мыңжылдықта жазудың пайда болуына байланысты оны үйренуге қажеттілік туған кезден басталады [Алғашқы тілдік деректер Месопотамиядағы шумер тілінен басталып, Ежелгі Үндістан, Қытай, Грек тіл білімдеріне келіп тіреледі. Тіл білімінде бірте-бірте тілдер туыстығы жөнінде білім (М. Қашқари, Ю.Скалигер, Г.Ленц т.б.) жинала бастайды, тілдерді салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы зерттеумен байланысты жалпы тіл білімінің негізі салынады (В. фон Гумбольдт). Тіл білімінде логикалық, психологиялық, натуралистік, эстетикалық, жасграмматизм бағыттары пайда болды, тілдік теориялар ұсынған көптеген тілдік мектептер қалыптасты].* **Тіл бірлігі.** л и н г в. *Тіл жүйесінің қызметі, мағынасы әртүрлі элементтері.* **Тіл бітті.** а) *Адамша сөзге келді.* ә) *Сөйлеу қабілетінен қалған адам сөйлеп кетті.* б) *Тілі шықты.* в) *Біреуге қарсы сөйлеуге әдеттенді, тілі шықты.* **Тіл бітірді.** *Сөйлетті.* **Тілге алды.** к ө н е. *Ауызға алды, айтты; атын жалбарынып ауызға алды.* **Тілге бай.** *Сөзге шешен, шебер.* **Тілге бар да, дінге жоқ.** *Сөз жүзінде болмаса іске жоқ, дәл солай емес деген мағынада.* **Тілге [тіліне] ерді.** а) *Азғыруға еліктеді, біреудің сөзіне нанды, сенді.* ә) *Айтқанын істеді, мақұл көрді.* **Тілге жеңіл.** *Айтуға ыңғайлы, оралымды.* **Тілге жүйрік.** *Сөзге шешен, шебер.* **Тілге келді.** а) *Сөйлесті, келісті.* ә) *Ерегесті, сөз таластырды, егесті.* **Тілге келмеді.** а) *Ақай жоқ, тоқай жоқ, бірден.* ә) *Сөйлей алмады, тілі байланып, өліп кетті.* **Тілге көнді.** *Айтқанды істеді, ақылды тыңдады.* **Тілге оралды.** *Тілге тиек болды, ойға түсіп сөз етілді.* **Тілге сөз түспеді.** *Айтуға сөз таба алмады.* **Тілге тиек етті.** а) *Сөз қылды, баяндады.* ә) *Негіз боларлықтай дәлел, себеп айта сөйледі.* **Тілге ұста.** *Сөзге шебер, майталман.* **Тілге шешен.** *Шебер сөйлейтін, тіл байлығы мол (адам).* **Тіл ғылымы.** л и н г в. *Тіл білімі; адамзаттың табиғи тілі туралы ғылым.* **Тіл дамуының сыртқы заңдары.** л и н г в. *Қоғамдық өмір жағдайында тіл дамуына әсер ететін факторлар (қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер, ғылым, өнер, мәдениет дамуы, ғылыми-техникалық прогресс, көркем әдебиет, діни көзқарастар т.б.) негізінде туған заңдар.* **Тіл дамуының ішкі заңдары.** л и н г в. *Тілдің өз ішіндегі мүмкіншіліктері, тәсілдері (сөзжасам, аналогия т.б.) арқылы өз бетімен дамуы.* **Тіл дамыту жұмысы.** п е д. *Оқушының тілін жетілдіруге, сөздік қорын байыту мен сөз мәдениетіне, тіл ұстартуға т.б. арналған арнайы әдістемелік амалдар.* **Тіл дауыссыздары.** л и н г в. *Тілдің белсене қатысуы арқылы жасалатын дауыс.сыздар: т, д, с, ш, з, ж, н, л, р (тіл алды), й, к, г (тіл ортасы), қ, ғ, ң (тіл арты).* **Тіл дәлдігі [тазалығы].** л и н г в. *Ойлаған ойға, ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі.* **Тілден жазды.** *Бір нәрсе туралы абайсызда айтып қалып, ыңғайсыз жағдайға тап болды; тілінен жаңылып, басына бәле тілеп алды.* **Тілден зар шықты.** *Өмірге күйінді, қапаланды.* **Тілден қалды.** *Қорыққаннан немесе біреудің мәжбүрлеуінен сөйлей алмады.* **Тілден сүрінді.** *Сөйлеп тұрған сөзінен жаңылды, өз ойын дұрыстап жеткізе алмады.* **Тіл деңгейлері.** л и н г в. *Жалпы тіл жүйесіне кіретін шағын жүйелер, бөлімдер [Олардың әрқайсысы өздеріне тән бірыңғай тіл бірліктері мен ережелердің жиынтығынан тұрады].* **Тілдеп жіберді.** *Ұрысты, балағаттады.* **Тілдер атласы.** л и н г в. *Лингвистикалық карталардың қамтитын нысаны мен тақырып ыңғайы бойынша құрастырылған жинағы.* **Тілдер байланысы.** *Әртүрлі этникалық топтарға кіретін тілдердің арасындағы қарым-қатынас қажеттілігінен туындайтын, екі не одан да көп тілдердің бір-біріне ықпалы.* **Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы.** л и н г в. *Тілдерді туыстығына, шығу тегіне, тарихи даму жағдайларының ортақтығына қарай таптастыру.* **Тілдердің инкорпоратив типі.** л и н г в. *Тілдердің морфологиялық таптастырылуына сәйкес келетін тіл типтерінің бірі.* **Тілдердің қарым-қатынасы.** л и н г в. *Әртүрлі топтағы туыс емес тілдердің бір-біріне әсері [Әртүрлі тілде сөйлейтін халықтардың экономикалық, саяси, мәдени т.б. жағдайларға байланысты өзара қарым-қатынасы тіл арқылы жүзеге асады. Сол себепті бір тілден екінші тілге алуан түрі сөздер мен сөз тізбектері ауыс.ып, бір-біріне тікелей я жанама түрде әсер етеді].* **Тілдердің морфологиялық-типологиялық топтастырылуы.** л и н г в. *Тілдердің құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай жіктелуі.* **Тілдердің тұрпаттамалық жіктелімі.** л и н г в. *Тілдік құрылымның ұқсас сипаттары (морфологиялық, дыбыстық, синтаксистік, семантикалық белгілері) негізінде топтастыру.* **Тілдер семьясы.** л и н г в. *Бір негіз тілден тараған, шыққан тегі туыс тілдердің жиынтығы.* **Тілдер туыстығы.** л и н г в. *Екі немесе бірнеше тілдің ұқсастығы, жақындығы сөздік қор мен грамматикалық, дыбыстық құрылымындағы төл элементтерден көрінетін, бастапқы негізі бар ататілден шыққан тілдерге тән жалпы қасиет.* **Тілде сүйек [жок]бар ма?** *Тіл буынсыз, қалай бұрсаң солай кетеді.* **Тілді байлады.** *Сөз айтуға мұршасын келтірмеді, жақ аштырмады.* **Тілді берік ұстау.** *Жапқан ауызын ашпау, үндемеу.* **Тілді күрмеу.** *Айтпау, үндемеу.* **Тілдің ауысуы.** л и н г в. *Ана*

*тілінің басқа тілге ауысуы.* **Тілдің қамы**. *Қазіргі кезеңдегі қазақ ұлтының тілін Қазақстан Республикасында шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру, орнықтыру жолындағы күрес, іс-шаралар [Бұл тіркестің мәні дәл қазіргі қазақ ұлтының тіл үшін күрес майданында жүру мақсатын ашып береді. Елдің қамы деген – Отанның қамы, ұлттың тұтастығы, болашақ үшін әрекет. Осылардың бәрі тілге қамқорлықтың арқасында ғана жүзеге асырылады].* **Тілдің қызметі**. лингв. а) *Адамзат қоғамындағы тілдің рөлі, қолданысы.* ә) *Бір бірліктің екінші тілдік бірлікпен себепті бағыныштылығы, байланыстылығы.* **Тілдің майын тамызды [ағызды]**. *Аса мәнерлі, жағымды сөз айтты, шебер сөйледі.* **Тілдің машиналық қоры**. лингв. *Тілді зерттеп тексерудің автоматтандырылған кешенді жүйесі [Онда мәтіндер, картотекалар, сөздіктер арқылы деректелген ақпараттық материалдар, тілдік мәліметтер жинақталады].* **Тілдің мәртебесі**. лингв. *Тілдің атқаратын қызметіне, пайдаланылу дәрежесіне қарай мемлекеттік заңдар арқылы ресми бекітілген жағдайы.* **Тілдің таңбалық теориясы**. лингв. *Тілді таңбалар жүйесі ретінде қарастыратын тілдің құрылымы жөніндегі теориялық қағидалар (идея, жорамал) жиынтығы.* **Тілдің шығуы**. лингв. *Адамзат қоғамының пайда болуымен байланысты алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерімен дыбыстарды бірінен соң бірін ажырата айтуы арқылы қарым-қатынас қажеттілігінің өтелуі.* **Тілді тербетті**. *Ауызға сөз салды, тілге тиек болды.* **Тіл емізу**. жерг. *Құр сөзбен алдау.* **Тіл жанашыры**. *Ана тілінің қазіргі қоғамдық қатынастардың барлық саласында кеңінен қолданып орнығуын жақтаушы және сол жолда күресуші, мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілінің шын мәнінде мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуін мәселе етіп қойып, оны табанды түрде қорғап-жақтаушы, қазақ тілінің қамқоршысы.* **Тіл жарасы**. *Зәрлі, ащы сөзден көңілде қалған дық, қалған көңіл.* **Тіл және ойлау**. лингв. *Бірбірінен өзінің мәні, өзіндік белгілерімен ерекшеленетін, қоғамдық қызметтің өзара тығыз байланысты екі түрі.* **Тіл жеткісіз**. *Тілмен, сөзben суреттеп айтып шыққысыз.* **Тіл жетпейді**. *Сөзбен айтып болмайды, теңеу, балама табылмайды.* **Тіл [сөз] жетпес [жетпейді]**. *Айтуға сөз табылмас; сөзбен айтып жеткізе алмайтын.* **Тіл жетілтеді**. *Сөйлеуге төселеді, тіл ұстартады.* **Тіл жұмсады**. а) *Жаман сөзбен балағаттады, ауыр сөз айтты.* ә) *Қолданыстағы тілмен қатынас жасады, сөйледі.* **Тіл кесті**. *Сөйлетпей тастады, сөзін тыйды.* **Тіл қағысты [қағыстырды]**. *Сөзбен соқтығысты, айтысты.* **Тіл қайтарды**. *Қарсы сөз айтты.* **Тіл қайырды**. *Сөзге жауап берді, тойтарыс бере сөйледі.* **Тіл қалша**. *Тіл алмайтын бала туралы айтылады.* **Тіл қатқандай болды**. *Болар-болмас дыбыс берді, сыбырлады.* **Тіл қатты**. *Сөйледі, үн шығарды, жауап берді.* **Тіл қаттырды**. *Сөйлетті, айтқызды.* **Тіл қатысты**. *Сөйлесті.* **Тіл құралы**. *Оқулық, оқу құралы.* **Тіл маманы**. *Ғылымның тіл білімі саласында жұмыс істеуші, тілші ғалым, лингвист.* **Тіл маржанын терең сүзді**. бейне. *Тереңнен толғап, мәнерлі етіп сөйледі, шешен сөйледі.* **Тіл мәдениеті**. лингв. *Әдеби тілде таза сөйлеп, сауатты жазудың қоғам талабына сай қалыптасқан нормаларын игеру және әртүрлі қарым-қатынас жағдайында айтайын деген ойдың мақсаты мен мазмұнына сай келетін тілдің мәнерлеу тәсілдерін қолдана білу.* **Тіл мен жағына сүйенді**. а) *Тілін безеп, зар қақсады.* ә) *Сөзді желеу етті, әр нәрсені бір сылтау етіп қылжақтады.* **Тіл мен жақты безеді**. *Тіл мен жағына сүйенді.* **Тілмен түйілген сөзді тіспен шешті**. *Мәселенің шешімін тапты.* **Тіл өнері**. *Таза, көркем сөйлеу шеберлігі, шешен сөйлеу машықтығы, шешендік өнер.* **Тіл өтті**. миф. *Біреудің қызығып немесе қызғана айтқан сөзі ауыр болып, денсаулығын нашарлатты, қызықтырған қасиетінен айырылды.* **Тіл саясаты**. *Қоғамда, мемлекетте тіл мәселелерін белгілейтін идеологиялық қағидаттар мен шаралар жиынтығы.* **Тіл сындырды**. *Сауатын ашты, хат таныды.* **Тіл табысты**. *Өзара ұғынысты, түсіністі, сөздері жарасты, пәтуаға келісті.* **Тіл тағдыры**. *Қоғамдағы, мемлекеттегі тілдің жағдайы.* **Тіл тазалығы**. *Ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау; тілдің жасанды, бөтен сөзбен шұбарланбай, өзінің табиғи, төл қалпын сақтауы.* **Тіл тапты**. *Қисынын, ретін келтірді; жөнін, ыңғайын білді.* **Тіл тартпады**. *Именбей, сөзben сыбап салды.* **Тіл тартпай [тартпастан] кетті [өлді]**. *Тілге келмей, табан астында өліп кетті.* **Тіл тартты**. *Пиғылын, ойын білмек болып сөзге, әңгімеге бұрды.* **Тіл тигізді**. *Жаман сөзбен балағаттады, ұрысты.* **Тіл тиді**. *Біреудің тіл-көзі өтті.* **Тіл тосқауылы**. *Тіл білмеу.* **Тіл төркіні**. *Белгілі бір тілдің шығу тегі.* **Тіл ұстартты**. *Шебер, шешен сөйлеуге баулыды, сөйлеу тілін нәшіне келтіруге машықтандырды, ширатты.* **Тіл ұстарту**. *Тілді дамыту, жетілдіру.* **Тіл ұшында [тұр]**. *Бірдеңені айтқысы келсе де, айта алмады, аузына түспеді.* **Тіл үйренді**. *Басқа тілді меңгерді.* **Тіл үйірген [тілді үйірген]**. *Өте тәтті, ауыздың дәмін келтіретін.* **Тіл үйірді**. *Тілі көркем, шырайлы.* **Тіл шұбарлығы**. *Өзге тілдерден орынсыз көп сөз еніп, тіл тазалығының сақталмауы.* **Тіл [сөз] шұрайы**. *Тіл (сөз) байлығы; көркемдігі, мәнді, мағыналы сөз.* **Тілі айыр**. *Сөзінің тұрағы жоқ, құбылмалы, бірде олай, бірде былай сөйлейтін, пәтуасыз (адам).* **Тілі аузына сыймады**. *Таңдайы кеберсіп, қатты шөлдеді.* **Тілі ауыр**. *Көркем шығарманың тілі оқып-түсінуге жеңіл емес, түсіну қиын.* **Тілі ащы**. *Шайпау, шақпа, қыршаңқы, улы тілді.* **Тілі байланды [күрмелді]**. а) *Үн қатпады, сөйлер сөзін айта алмай қалды.* ә) *Ауру адам жантәсілім алдында тілі күрмеліп, сөйлей алмады.* **Тілі балдай [бал]**. *Сөзі жанға жайлы, жағымды.* **Тілі бұзылды**. *Тілдің табиғи қалпына, нормасына нұқсан келді.* **Тілі біздей**. *Тілі ащы.* **Тілі жетеді**. *Өз ойын сөзбен толық айтып бере алады, жеткізе алады.* **Тілі жоқ**. *Сөзге шорқақ, ойға олақ (адам).* **Тілі жұтаң**. *Сөз байлығы аз, сөзге олақ, тілі қысқа.* **Тілі зәрлі**. *Мысқылдап, түйреп, жанға тие, жүрегін ауырта сөйлейтін, сөзі удай ащы (адам).* **Тілі келмеді**. *Сөзді дұрыс айта алмады.* **Тілі күрмелді**. а) *Тілі байланды, сөйлеу қабілетінен айырылды.* ә) *Тұтықты, кекештенді, ойын еркін айта алмады.* б) *Ойындағысын жеткізе алмады, көп ойланып, бөгеле берді, сөз таба алмады.* **Тілі күрмеу**. *Мылқау, үн-түнсіз.* **Тілі күрмеуге келді**. *Сөйледі, үн қатты.* **Тілі күрмеулі**. *Сөйлемейтін, үнсіз.* **Тілі күстенді**. мед. *Тіліне жара шықты.* **Тілі күсті**. *Орынсыз босқа сөйлей беретіндер бәріне ұнамайды деген мағынада.* **Тілі қайырымға келді**. *Сөзге келді, сөйлеуге шамасы жетті.* **Тілі қимылдады**. а) *Адамның қайтыс болар сәтінде сөйлеп жатқаны туралы айтылады.* ә) *Әр нәрсені алдын ала жоспарлап, өзгелерден бұрынырақ іске кірісіп, онысын басқаларға айтып, іс істеп жүрген адам туралы айтылады.* **Тілі қысқа**. *Тілі жетпейді; тілге, сөзге олақ.* **Тілі қышыды**. *Сөйлеуге құштарланды, сөйлегісі келді.* **Тілі майда**. *Сөзі жұмсақ, ілтипатты.* **Тілімен бидай қуырды**. *Сөзімен елдің апшысын алды, берекесін кетірді.* **Тілімен емізді**. *Басқа біреуді тек тілімен ғана алдап, беретін еш нәрсесі жоқ болса да өтірік уәде берді, алдап шығарып салды.* **Тілі мен жағына сүйенді**. *Әр нәрсені желеу етіп, істің байыбына, сөздің орайына көнбеді; заржақтанды.* **Тілімен жеткізді**. *Айтар ойын ым-ишарамен емес, кәдімгідей мәнерлі тілмен түсінікті етіп айтып берді.* **Тілімен құс ұстаған**. *Бұл жерде тәтті сөз, шығарып салма әңгіме мағынасында.* **Тілімен орақ орады**. *Ауызбен айтуға бар, қолмен істеуге жоқ.* **Тілімен тындырды**. *Істің бәрін сөзбен бітіре салды, нақты ештеңе істелген жоқ.* **Тілімнің ұшында тұр**. *Ұмыт болып, көмейімде тұр, аузыма түспей тұрғаны деген мағынада.* **Тілім [көзім, көз сұғым] тасқа [тасқа болсын]**. көне. *Көз сұғым, тіл сұғым өтіп кетпесін деген мағынада.* **Тілі мірдің оғындай**. *Сөзі уытты, ащы, өткір.* **Тілін алдырды**. *Айтқанын істетті, дегеніне көндірді.* **Тілін алмады**. *Айтқанды тыңдамады, сөзге көнбеді.* **Тілін бақты**. *Бірдеңені артық айтып қалмайын деп тіліне ие болды.* **Тілін безеді**. а) *Тілдің майын тамызып сөйледі.* ә) жағымсыз. *Тілі мен жағына сүйенді, аузымен орақ орды.* б) *Тілінен майын тамызып безектеп, қызмет көрсетті, жағымпазданды.* в) *Шырылдады, шыр-шыр етті, сарнады (құс туралы).* **Тілін [сөзін] бұзды**. *Сөйлеу мәнерін немесе дұрыс дыбысталуды өзгертіп тілдесті.* **Тілін бұралаңдатты**. *Түсініксіз етіп сөйледі, шұлдірледі.* **Тілін білді**. а) *Ұғысты, тіл тауып сөйлесе алды.* ә) *Бір нәрсенің мән-жайын, тетігін білді.* **Тіліне ерді**. *Өз ой-пікірі бола тұра біреудің айтқан сөзіне ілесіп кетті; біреудің азғырғанына көнді.* **Тілінен айырылды**. а) *Кеңестік дәуірде аз ұлттардың кейбіреуі өз тілінен айырылып қалды, тілін ұмытты.* ә) *Әртүрлі себептерден сөйлеу мүмкіндігін жоғалтты.* **Тілінен бал ағызған**. *Тілі майдай, тілі тәтті, шешен.* **Тілінен бал тамған**. *Сөзі майдай, тілі жұмсақ; шешен, ділмар.* **Тілінен жазды**. *Аңдамай сөйлеп айыпты болды.* **Тілінен қағынды**. *Жағымсыз сөз айтып қалып, содан опық жеді.* **Тілінен май тамған**. *Мәнерлеп сөйлейтін, сөзге ұста, шебер (адам).* **Тілінен тапты**. *Өз сөзінен өзі зиян көрді.* **Тілінен сүріндірді**. *Айтысқа түскен шешенді дәлел, уәж айтып сөзден жеңді.* **Тілінен тастамады**. *Белгілі бір оқиға, әңгімені т.б. кез келген жерде қайталап айта берді; жиі еске алып отырды.* **Тілінен таяқ жеді**. *Қалай болса, солай сөйлеймін деп өз тілінен өзі жазалы болды.* **Тіліне сүйенді**. *Дәлдір адам дау-дамайда дәлелсіз жақсы сөйлегенімен, сөзден жеңіліп қалды.* **Тіліне тас байланды**. *Үндемеді, тіл қатпады.* **Тіліне шоқ түсті**. *Сөзін байқамай айтып қалғанда, өз аузын баса қойды.* **Тілін жаныды**. *Шешенсіп сайрады, ділмарсыды.* **Тілін жаттықтырды**. *Тіл сындырды; оқуға, сөйлеуге төселдірді.* **Тілін жұтып қойды**. *Тілі байланып қалды, үндемеді.* **Тілін жіпсіз байлады**. *Ойындағысын айтқызбады, еркіне қоймады, тұншықтырды, қинады.* **Тілін кәлимаға келтірді**. діни. *Ауру өлер алдында аузына құранның сүрелерін салды.* **Тілін кәлимаға келтіру**. діни. *Алланы, Құдайды есіне алу, тәубасына келу.* **Тілін кесті**. а) *Аузын алды, пара тықты, үндетпеді.* ә) *Сөйлетпеді, айтар ойын түгел айттырмады.* **Тілін күрмеді**. а) *Еркін сөйлетпеді, тілін байлады, үнін шығармады, кедергі жасады.* ә) *Дұрыс айта алмады, тілі келмеді.* **Тілін қайтарды**. *Айтқанын орындамай, сөзін қайырды.* **Тілін қадады**. *Сөзбен шаншыды.* **Тілін қышытты**. *Шамына тиіп, сөйлеуге итермеледі, ызасын келтірді.* **Тілін [тілмен]сұққылады**. *Сөзбен түйреді, мысқылдады.* **Тілін тартпады**. *Аузына келген сөзін тартынбай айтты, батыл сөйледі.* **Тілін тіске жаныды**. *Ауыр сөз айтты, тісін қайрады.* **Тілін тістеді**. а) *Үн шығармады, сөйлеуден қалды, тілінің ұшына келген сөзін белгілі бір себеп-пен айтпады.* ә) *Тілін тартты, бетіне қарап сөйлей алмады.* **Тілін тістеп алды**. *Қатты өкінді, сөз айта алмай қалды.* **Тілін шайнады**. *Шулдірлеп сөйледі, анық сөйлемеді.* **Тілін шығарды**. а) *Батыл айтуға мәжбүр етті.* ә) *Келеке етті, келемеждеді.* **Тілінің күрмелуі**. *Тұтығуы, күмілжуі, анық сөйлей алмауы.* **Тілінің күрмеуін шешті**. *Сөйлеуге мүмкіндік берді, сөйлетті.* **Тілінің қағындысы бар**. *Сөзді ұшындырып, біреуге тиісе сөйлейтін.* **Тілінің қотыры [шиқаны] бар**. *Біреуді кекетіп-мұқатып сөйлейтін қыршаңқы тілді деген мағынада.* **Тілінің мүкісі бар**. *Тұтығып, кекештеніп сөйлейтін адам туралы.* **Тілінің тиегі ағытылды**. *Сөзінде шек болмады.* **Тілінің ұшына алмады**. *Ауызға алмады, еске алған жоқ.* **Тілінді тарт!** *Сөзді доғар, қысқарт, анау-мынау сөзді қой, абайлап сөйле!* **Тіліңді Тәңір кессін [тілің кесілсін]**. қарғ. *Тіл-жағыңа жылан жұмыртқаласын, сазайыңды тарт!* **Тіліңе күйдіргі шыққыр**. қарғ. *Тілі ащы адамдарға айтылатын қарғыс.* **Тіліңе құлғана шықсын**. қарғ. **Тіліңе теміреткі шықсын!** қарғ. *Тілі ащы кісіге айтылады.* **Тіліңе терісекен шықсын [шоқ түскір]**. қарғ. *Тілің кесілсін, күйсін (тілі ащы адамға айтылады).* **Тіліңе шешек шыққыр**. қарғ. *Тіл-көзің тимесін деген мағынада.* **Тілің қырқылғыр**. қарғ. *Тілің кесілгір деген мағынада.* **Тілі орамға келмеді**. *Сөйлей алмады, тілі күрмелді.* **Тілі орамды**. *Сөзге ұста,*

*шебер, тілі бай.* **Тілі өтпеді.** *Айтқанын орындамады.* **Тілі сала құлаш**. *Көп сөйлейтін, ешкімді бет бақтырмайтын, көкезу.* **Тілі сынық.** *Айтқан сөзінің қисыны бар.* **Тілі тәтті.** *Тілінен бал тамған, тілі жұмсақ.* **Тілі тәтті, діні қатты.** *Сыртқа сыр бермей, әкей-үкей болғанмен, істеген ісі мен қылығы қатыгездікті танытады.* **Тілі темірдей қатты.** *Тілі ащы, сөздері көңілге келердей ауыр, жағымсыз.* **Тілі тиді**. а) *Жаман сөзбен балағаттады, сөзі қатты батты.* ә) *Тіл-көзі өтті.* **Тілі удай.** *Сөзі ащы, тілі зәрлі.* **Тілі ұзын.** *Шайпау, ұрысқақ.* **Тілі шаншар.** *Шақпа тілі бар, мысқылшыл, тәжікешіл.* **Тілі шыға бастады.** эксп. жағымсыз. *Қарсы сөйлеуді шығарды, есесін жібермей сөз қайтаратын болды.* **Тілі шықты**. а) *Сәби алғаш рет сөйлей бастады.* ә) *Қарсы сөз айтатын болды, қасарысты.* **Тірі тіл**. лингв. *Бүгінгі күнде қолданылып жүрген тіл.*

**ТІЛ=** ет. **1.** *Жіңішке етіп кесу.* **2.** *Осып түсу.* **3.** *Жарып жіберу.*

**Тілген таспадай.** а) *Жіңішке.* ә) *Білеу-білеу, бадырайған.*

**ТІЛАЗАР** сын. *Ешкімнің тілін алмайтын, тапсырған істі орындамайтын (адам).*

**ТІЛАЗАРЛЫҚ** зат. *Айтқанды тыңдамаушылық, істі орындамаушылық.*

**ТІЛАЛҒЫШ** сын. *Айтқанды қалтқысыз орындайтын, жұмсаған жерге екі айтқызбай баратын елгезек.*

**ТІЛАЛҒЫШТЫҚ** зат. *Баланың бойындағы жақсы қасиет, үлкенді, ата-ананы сыйлау белгісі.*

**ТІЛАРА** зат. жерг. *Қолмен тақтай кесетін, бір жақ ені жалпақ, екінші жақ ені тар, ұзын ара.*

**ТІЛАСТЫ: тіласты безі.** анат. <лат. glandula sublingualis> *Ауыз қуысына сілекей бөлетін ас қорыту безі.*

**ТІЛ-АУЫЗ** зат. *Тіл қататын, сөйлейтін мүшелер, тіл мен ауыз қуысы.*

**Тіл-аузы байланды.** а) *Қатты қорыққандықтан яки қатты ауырғандықтан сөйлей алмай қалды.* ә) *Бір нәрсеге ренжігенде немесе қатты ұялғанда айтуға сөз таппады, қыстықты, мүдірді.* **Тіл-аузым тасқа.** *Тілім тимесін, пәледен аман болсын деген мағынада.* **Тіл-ауыздан айырылды.** *Үндемей қалды, сөйлей алмады.*

**ТІЛАШАР** зат. көне. **1.** *Баланы молдаға бергенде төлейтін ақының бір түрі.* **2.** *Баланың мектепке барғанына арналған кішігірім той.*

**ТІЛБАС** зат. *Мал ауруы.*

**ТІЛБҰЗАР** зат. *Ана тіліне бөтен тілдің қажетсіз сөздерін қосып, шұбарлап сөйлейтін адам.*

**ТІЛГІЗ=** ет. *Тілдіру.*

**ТІЛГІЗУ** *Тілгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛГІЛЕ=** ет. **1.** *Тілім-тілім етіп кескілеу.* **2.** ауыс. *Жерді үсті-үстіне айдап жырта беру, талқандау.* **3.** ауыс. *Тымық ауаны, аспанды, көк жүзін есіп, тіліп өту.* **4.** ауыс. *Жанды ауырту, азаптау, қинау.*

**ТІЛГІЛЕН=** ет. **1.** *Тілімдену, кескілену.* **2.** ауыс. *Жердің үсті-үстіне айдап жыртылуы, талқандану.*

**ТІЛГІЛЕНУ** *Тілгілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛГІЛЕС=** ет. *Бірге тілгілеу, кескілесу.*

**ТІЛГІЛЕСУ** *Тілгілес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛГІЛЕТ=** ет. **1.** *Қайта-қайта тілдірту, кескілету.* **2.** ауыс. *Жанды ауыртқызу, азаптату.*

**ТІЛГІЛЕТУ** *Тілгілет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛГІЛЕУ** *Тілгіле етістігінің қимыл атауы; тілім-тілім етіп кескілеу.*

**ТІЛГІШ** зат. *Жер жыртуға, тақтай тілуге т.б. шаруа істеуге арналған құрал.*

**ТІЛГІШТЕ=** ет. сөйл. ***Тілгіле.***

**ТІЛДЕ=** ет. *Біреуге тіл тигізу, жаман сөзбен балағаттау, қатты сөз айтып жер қылу.*

**ТІЛДЕЙ** сын. **1.** *Жіп-жіңішке.* **2.** *Кішкентай, бір жапырақ.*

**ТІЛДЕЙІН** сын. сөйл. *Тілдей, бір жапырақ.*

**ТІЛДЕН: ку тілденді.** *Қуақыланды, құланды.*

**ТІЛДЕН-ТІЛГЕ** үст. *Бір халық тілінен екінші халық тіліне.*

**ТІЛДЕС**[1] сын. *Ортақ, туыстас тілде сөйлейтін, тілі бір.*

**ТІЛДЕС**[2] сын. ***Сыбайлас.***

**ТІЛДЕС=** ет. **1.** *Жүзбе-жүз сөйлесу, әңгімелесу.* **2.** ауыс. *Сыр айту, сырласу, ой бөлісу.*

**ТІЛДЕСКІШ** зат. *Өзге тілді өз бетімен оқып-үйренуге жәрдемдесетін арнаулы көмекші құрал.*

**ТІЛДЕСТІР=** ет. *Жүзбе-жүз сөйлестіру, әңгімелестіру.*

**ТІЛДЕСТІРУ** *Тілдестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛДЕСУ** *Тілдес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сөйлесу, тіл алысу.* **2.** ауыс. *Сыр айту, сырласу, ой бөлісу.*

**ТІЛДЕТ=** ет. *Біреуге тіл тигізіп балағаттату, қатты сөз айтқызу.*

**ТІЛДЕТУ** *Тілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛДЕУ** *Тілде етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛДІ** сын. **1.** *Сөзге шебер, сөзшең, ділмар.* **2.** *Тілі шайпау, өткір сөзді.* **3.** ауыс. *Басып ойнайтын тілі бар (гармонь туралы).*

**ТІЛДІК**[1] зат. *Тіл ұшы тиіп тұратын төменгі тістердің түбірі бекіген қызыл ет.*

**ТІЛДІК**[2] сын. **1.** *Тілге тән, тілге қатысты.* **2.** *Тіл білімі пәніне байланысты, соған қатысты.*

**Тілдік акустика.** лингв. *Дыбыстардың жасалуы мен олардың естілуін, дыбыстық белгілерді, сондай-ақ дыбыс құрылыстарын және оларды таныпбілетін қондырғыларды жасайтын жалпы акустиканың бөлімі.* **Тілдік барьер.** *Бір тілді тұтынушының бөтен тілдік ортаға түскендегі тіл білмеуден туындайтын қиындықтары.* **Тілдік бірліктер.** лингв. *Тілдік жүйеде әртүрлі мағынаға және қызметке ие болатын бірліктер.* **Тілдік жағдаят.** лингв. *Бір тілдің немесе бір территориялық-әлеуметтік ортада қызмет ететін тілдік формалардың (жергілікті, әлеуметтік диалектілер, койне, жаргон, тілдің функционалды стильдік түрлері) белгілі географиялық аймақ немесе саяси-әкімшілік құрылым шегінде өмір сүру формасының жиынтығы.* **Тілдік жоспарлау.** лингв. *Тілдік құрылыс, тілдің дамуын саналы түрде реттеу, саналы түрде тілге өзгеріс енгізу, арнайы құрылып және тиісті өкілеттігі бар саяси, білім беру, лингвистикалық жоспарлаумен тіл жүйелерінде өзгерістер жасау.* **Тілдік жүйе.** лингв. *Табиғи тілдің ішкі заңына лайық (үйлес) сөздік құрам мен грамматикалық құрылыстың тұрақты қарым-қатынасқа түскен элементтерінің бірлігі мен тұтастығы.* **Тілдік категория.** лингв. *Бірыңғай тілдік бірліктердің жиынтығы.* **Тілдік қатынас.** *Адамның ойлау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу әрекеттеріне қатысты құбылыс.* **Тілдік құрылым.** лингв. *Тілдегі сөздер мен сөйлемдердің тілдің ішкі заңдылығына байланысты өзінше құрылу, түрлену жүйесінің жиынтығы.* **Тілдік норма.** лингв. *Тіл жүйесінің дәстүріне сай тұрақты түрде қалыптасып, қоғамдық қатынастар арқылы орныққан тілдік амал-тәсілдердің жиынтығы, сөз қолдану ережелері.* **Тілдік одақ.** лингв. *Біртұтас географиялық кеңістікте ұзақ уақыт бойы жиі қарым-қатынаста даму нәтижесінде пайда болған, құрылымдық және материалдық белгілері ұқсас тілдердің аймақтық-тарихи бірлігінің ерекше түрі.* **Тілдік процессор**. инф. *Белгілі бір тілде берілген сөйлемдерді аударатын, түсініктеме беретін немесе басқаша өңдеуді орындайтын бағдарлама.* **Тілдік таңба.** лингв. *Болмыстың затын, қасиетін, қарым-қатынасын танытатын материалдық-идеялық түзіліс.* **Тілдік тұлға.** лингв. а) *Тіл жүйесінде бірбірінен қызметі, құрылысы, орны жағынан дараланатын тұрақты тілдік элементтер.* ә) *Ұлттық ойлау ділі бар, ұлттық тілдің дамуына өз шығармашылығы арқылы үлес қосатын, әсерін тигізетін адам [Халқымыздың рухани мәдениетін құрайтын би-шешендер мен ақын-жазушылардан қалған нақыл сөздер ауыздан-ауызға тарап, халық жадында мәңгі жатталып қалып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Бұлар – ұлттық тұлғалар, ұлттық тілдің қорғаушысы, ана тілі олардың рухани азығы, олар үшін «тіл өнері – дертпен тең». Кез келген жеке тұлға өзінің тілге қатыссыз басқа қасиеттерімен танылуы мүмкін. Бірақ тілдік тұлға бола алмайды. Тілдік тұлғаны анықтау үшін оның ұлтжандылық танымын алдыңғы кезекке қою керек, себебі бір елдегі әртүрлі ұлттарға ортақ тіл арқылы танылғанмен, ол өзінің ұлтының намысын жыртпаса, оның рухани болмысы төмендеп, тілді тұтынушы жай тұлға дәрежесінде қалады. Тілдік тұлға этностың тарихи өсуінің жемісі].* **Тілдік үйлестіру.** лингв. *Әдеби, ресми, мәдени, діни т.б. қатынас құралының бірыңғай тілдік үлгісін қалыптастыру.*

**ТІЛДІЛЕУ** сын. *Тілі өткірлеу, батылдау.*

**ТІЛДІЛІ** сын. сөйл. ***Тілді.***

**ТІЛДІЛІК** зат. *Сөзге шешендік, тілмарлық.*

**ТІЛДІР=** ет. **1.** *Жіңішке етіп кестіру.* **2.** *Остыру.*

**ТІЛДІРУ** *Тілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕ=** ет. **1.** *Бір істің орындалуын қажет етіп, сәті түсуін қалау, жалбарына сұрау, жалынышты күйде өтіну.* **2.** *Тілек білдіру.*

**ТІЛЕК** зат. **1.** *Көңілдегі көрікті ой, орындалмақ игі арман, ұлы мақсат, мүдде.* **2.** *Істің орындалуы жайлы, болмаса басқа да оқиға бойынша өтініш, талап.*

**Тілегі [тілеуі] қабыл болды.** *Ойлаған, аңсаған арманы орындалды, дегені болды.* **Тілегі қосылды**. *Арманы бір жерден шықты, тілек-ниеті орындалды.* **Тілегін берді [орындады, қабыл қылды].** *Дегені болды, мақсатына жетті.* **Тілегіне жетті.** *Арман-мақсаты орындалды, жақсылық көрді.* **Тілегін тіледі.** *Біреудің қамын жеді, амандығын, ісінің оңға басуын қалады, іштей тілектес болды.* **Тілегіңе жет [тілегің қабыл болсын].** алғыс. *Арман-мақсатың орындалсын, жақсылық көр деген мағынада.* **Тілегі табылды.** *Тілегі орындалды, қабыл болды.* **Тілегі түзу.** *Ниеті дұрыс.* **Тілегі үзілді.** *Солай болса-ау деген арман, ойы болмай қалды.* **Тілек айтты [қылды, тіледі, қосты].** *Бата берді, алғыс айтты, жақсы ниет білдірді.* **Тілек арқалады.** стиль. *Тіледі, іштей үміттенді.* **Тілек білдірді [етті]**. *Ниет, ықылас көрсетті.* **Тілек білдіруші.** кіт. *Ынталанушы, ниеті бар, қатысқысы келетін.* **Тілек етті.** *Арман-мүддесін білдірді, өтінді.* **Тілек қосты.** *Тілектестік білдірді.*

**ТІЛЕК-БАТА** зат. сөйл. ***Бата-тілек.***

**ТІЛЕК-НИЕТ** зат. *Көңілден шыққан тілек пен ниеттің жинақтық атауы.*

**ТІЛЕКСІЗ** сын. *Тілегі жоқ, ниетсіз.*

**ТІЛЕК-ТАЛАП** зат. *Белгілі бір бақытқа негізделген ой-пікір, қажеттілікке сай мүдде-мұрат.*

**ТІЛЕКТЕС** сын. *Мақсаттас, армандас, мүдделес.* **2.** *Тілегі бір, ниеттес, қолдайтын.*

**ТІЛЕКТЕСТІК** зат. *Бір белгілі іс барысында ниеттестік, мақсаттастық, мүдделестік.*

**ТІЛЕКТІ** сын. *Арман-мақсаты, ой-мұраты, мүддесі, ниеті бір, тілектес.*

**ТІЛЕК-ШАҒЫМ** зат. құқық. *Кредитордың қарызды қайтару, зиянды өтеу, айыппұлды төлеу, жеткізілген өнімнің, сатылған заттың, орындалған жұмыстың кемшіліктерін жою туралы борышкерге қоятын талап-тілегі.*

**ТІЛЕКШІ** зат. *Біреудің абыройы арта беруін тілеуші, тілектес адам.*

**ТІЛЕМСЕК** сын. *Біреуге емінген сұрамсақ, сұраншақ, тіленшек.*

**ТІЛЕМСЕКТЕН=** ет. *Біреуге емініп қайыршыдай сұрамсақтану, тіленшектену.*

**ТІЛЕМСЕКТЕНУ** *Тілемсектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕМСЕКТЕУ** сын. *Еміни сұрана беретін, тіленшек.*

**ТІЛЕМІШ** зат. зоол. *Шөлді мекен ететін жамансары туысына жататын ірі жыртқыш құс.*

**ТІЛЕН=** ет. **1.** *Өз еркімен, ықтиярымен сұрану, өтіну.* **2.** *Жұрттан еміни бірдеме сұрау, тілемсектену.*

**ТІЛЕНДІР=** ет. *Біреуден еміни бірдеме сұраттыру, тілемсектендіру.*

**ТІЛЕНДІРУ** *Тілендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕНТ=** ет. *Жалынып бірдеме сұрату, тілемсектету.*

**ТІЛЕНТУ** *Тілент етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕНУ** *Тілен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өз еркімен, ықтиярымен сұрану, өтіну.* **2.** *Жұрттан еміни бірдеме сұрау, тілемсектену.*

**ТІЛЕНУШІ** зат. *Белгілі бір істің орындалуын тілеуші, сұранушы.*

**ТІЛЕНШЕК** сын. *Сұраншақ, сұрамсақ.* **Тіленшек қозы.** *Үнемі әр қойға жағыстырылып өсірілген қозы, басқа қойды емізіп, тойындырсаң да, қыр соңынан қалмай, маңырай еріп жүретіні.*

**ТІЛЕНШЕКТІК** зат. *Әр нәрсені бір сұрап тілемсектенушілік, сұрампаздық.*

**ТІЛЕНШІ** зат. көне. *Ел аралап, қайыр-садақа сұраған тілемсек қайыршы.*

**ТІЛЕНШІЛЕН=** ет. *Ел-жұрттан әр нәрсені сұрану, тілемсектену.*

**ТІЛЕНШІЛЕНУ** *Тіленшілен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕНШІЛІК** зат. *Ел-жұрттан, әркімнен көзін сатып, не болса, соны сұраушылық, қайыршылық.*

**ТІЛЕРСЕК** зат. сөйл. ***Тірсек.***

**Тілерсек жең шапан.** *Жеңі ұзын болып келетін шапанның түрі.* **Тілерсектен қан кешті.** *Басынан қиындық өткізді, ауыр азап көрді.*

**ТІЛЕРСЕКТЕ=** ет. *Тілерсекке дейін кешу.*

**ТІЛЕРСЕКТЕУ** *Тілерсекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕС=** ет. *Тілек айтысу, оң ниет білдірісу, тілектес болу.*

**ТІЛЕСУ** *Тілес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕТ=** ет. *Тілек білдірту, ниет байқату.*

**ТІЛЕТКІЗ=** ет. *Тілек білдірткізу, ниет байқатқызу.*

**ТІЛЕТКІЗУ** *Тілеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕТУ** *Тілет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛЕУ[1]** зат. *Адал ниет, ақ көңілден шыққан ізгі тілек, тәтті үміт, нысаналы арман-мақсат.*

**Тілеу қосты.** *Тілектестік білдірді.* **Тілеу той.** жерг. *Үлкендердің батасын, елдің тілегін алу үшін дастарқан жайылып, жасалатын той.* **Тілеуі кесілгір [құрғыр].** қарғ. *Үмітің үзілгір, ісің оңбағыр.* **Тілеуі кесілді.** *Тілегіне жете алмады, үміті үзілді.* **Тілеуі қабыл болды.** *Ойлаған арман-мақсаты жүзеге асты, тілегі орындалды.* **Тілеуін кесті.** *Тілегіне жете алмады, үмітін үзді, дегенін болдырмады, үміті, арманы орындалмады.* **Тілеуін тіледі.** *Біреудің амандығын, ісінің оңға басуын қалады, іштей тілектес болды.* **Тілеуіңді бергір.** алғ. *Арман-мақсатың орындалсын, үмітің ақталсын.*

**ТІЛЕУ[2]** *Тілеу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір істің орындалуын қажет етіп, сәті түсуін қалау, жалбарына сұрау, жалынышты күйде өтіну.* **2.** *Тілек білдіру.*

**ТІЛЕУҚОР** сын. *Жанкүйер, жанашыр боп, жақсылық ойлайтын тілектес (адам). // Тілектес адам.*

**ТІЛЕУЛЕС** сын. *Тілектес, тілеуқор.*

**ТІЛЕУЛЕСТІК** зат. *Ақ ниет, адал тілектестік.*

**ТІЛЕУСІЗ** сын. *Үмітсіз, үміт үзген.*

**ТІЛЕУТОЙ** зат. этн. жерг. *Ауыл қарияларының батасын, халықтың тілегін алу үшін дастарқан жайылып, жасалатын той.*

**ТІЛЕУШІ** зат. *Қайыршы, тіленші.*

**ТІЛ-ЖАҚ** зат. *Адамның тілі мен жағы.*

**Тіл-жағы [жақ] байланды.** *Сөйлей алмады, сөзден қалды.* **Тіл-жағына [тіл мен жағына] сүйенді.** *Қақсай берді, көп сөйледі.*

**ТІЛКЕМ** зат. *Адам денесінің, жер қыртысының тілімденген жері.*

**ТІЛКЕМДӘКЕ** зат. *Қолды таңып байлайтын медициналық мата.*

**ТІЛКЕМДЕ=** ет. **1.** *Тілгілеу, тілім-тілім ету, жырту.* **2.** ауыс. *Жаманшылық жасап, жүректі, пәк көңілді жаралау, ниетті бұзу.*

**ТІЛКЕМДЕЛ=** ет. **1.** *Тілгілену, тілім-тілім ету.* **2.** ауыс. *Жүрегі жаралану, көңілі жаралы болу, ниеті бұзылу.*

**ТІЛКЕМДЕЛУ** *Тілкемдел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛКЕМДЕУ** *Тілкемде етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛКЕМ-ТІЛКЕМ** сын. *Тілім-тілім, жырым-жырым.*

**ТІЛ-КӨЗ** зат. *Таңдана, қадала қараған көз сұғы.*

**Тіл-көзден аман болсын.** тілек. *Тіл-көз тимесін, біреудің көзі өтпесін.* **Тіл-көзден қақас болсын! [сақтасын!].** көне. *Тілден, көзден сақта; біреудің көзі өтпесін.* **Тіл-көзден [тілден-көзден] сақтасын.** тілек. *Аман-есен бол деген мағынада.* **Тіл-көз тию.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға біреудің назары ауып, көзі өтеді, таңданып айтқан, мақтап сөйлеген сөзінен ауруға, жайсыз жағдайға ұшырайды деген ұғым.*

**ТІЛҚАТ** зат. сөйл. ***Тілхат*** *(хабар-сөз, сәлем хат).*

**ТІЛҚИЯР** зат. өс. <лат. hierochloe> *Ұзын болып өсетін, астық тұқымдасына жататын қияқ шөп.*

**ТІЛЛА** [ир. طلا] зат. көне. *Теңгенің ертедегі атауы.*

**ТІЛМАР** сын. сөйл. ***Ділмар.***

**ТІЛМАРЛАУ** сын. сөйл. *Сөзге шешендеу; ділмарлау.*

**ТІЛМАРЛЫҚ** зат. *Қара сөзге шешендік, шеберлік.*

**ТІЛМАРСУ** *Тілмарсы етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛМАРСЫ=** ет. *Тіл мен жағына сүйеніп шешенсу, білгенсу.*

**ТІЛМАШ** зат. **1.** *Бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударатын адам.* **2.** *Хатшы, іс жүргізуші адам.*

**ТІЛМАШТЫҚ** зат. *Тілмаш болушылық, тілмаш қызметін атқарушылық.*

**ТІЛМЕ** зат. *Адамның терісі мен кілегей қабығын қабындыратын жұқпалы ауру.*

**ТІЛМЕЛЕ=** ет. *Жіңішке етіп тілгілеу, кескілеу.*

**ТІЛМЕЛЕН=** ет. *Тілімдену, кескілену.*

**ТІЛМЕЛЕНУ** *Тілмелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛМЕЛЕУ** *Тілмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛПАРША** үст. *Тілім-тілім, парша-парша.*

**ТІЛСІЗ** сын. **1.** *Дыбыс шығармай, үн қатпай, үнсіз.* **2.** *Мелшиген, қатып қалған; тілі жоқ.*

**Тілсіз жау.** *Қауіп-қатері мол, мылқау күш, от пен судан келетін зор апат.* **Тілсіз сәлем жолдады.** *Ым-ишара, қимылмен ішкі ықыласын, ыстық сезімін білдірді.* **Тілсіз тіл.** окказ. *Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ішкі сезім.*

**ТІЛСІЗДЕН=** ет. *Ешбір дыбыс, үн шықпай мелшию.*

**ТІЛСІЗДЕНУ** *Тілсізден етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛСІМ** зат. сөйл. ***Тылсым.***

**ТІЛТАНУ** зат. *Тілді зерттеу, тіл мәселесімен шұғылдану.*

**ТІЛТАНУШЫ** зат. *Тілді зерттеуші, тіл ғылымының маманы.*

**ТІЛТАНУШЫЛЫҚ** зат. *Тілді зерттеушілік, тілді меңгерушілік.*

**ТІЛТАНЫМ** зат. *Тілді зерттеу, тану.*

**ТІЛТАНЫМДЫҚ** сын. *Тілтанушылық, тіл ғылымы туралы, тілге қатысты.*

**ТІЛТҰМАР** зат. этн. *Жас балаға тіл тимесін деген ырыммен дұға жазылған тұмар.*

**ТІЛТІС** зат. биол. <лат. petromyzoniformes> *Дене тұрқы 15–100 см, бір не екі арқа жүзу қанаттары бар, желбезек саңылаулары 7 жұп, аузы шұңғыма тәрізді, тері қатпарымен көмкерілген, көздері жақсы жетілген дөңгелек ауыздылар класының отряды.*

**ТІЛУ** *Тіл етістігінің қимыл атауы; кесу, тілімдеу.*

**ТІЛУАР** сын. *Тілге бай, шешен, сөзуар.*

**ТІЛХАТ** зат. **1.** *Өзінің сенетіндігін растап қол қойған куәлік, ісқағазы, құжат.* **2.** *Хабар-сөз, сәлем хат.*

**ТІЛХАТШЫ** зат. **1.** *Хатшы.* **2.** ауыс. *Жәрдемші, көмекші.*

**ТІЛШЕ[1]** зат. *Сағат, компас т.б. минут, секундты, бағдар, бағытты сілтеп, нұсқап көрсететін тіл.*

**ТІЛШЕ[2]** зат. өс. *Жапырақ қынабының жапырақ алақанына айналар жеріндегі ішкі ұлпаның кішкене өсіндісі.*

**ТІЛШЕ[3]** зат. ***Телше*** *(бұғана қабырғадан кейінгі ішекке сыймайтын жуан майлы еті).*

**ТІЛШЕ[4]** сын. *Тілдей жіңішке, кішкентай, бір жапырақ.*

**Тілше қармақ.** *Кішкене ақ балық, алабұғаларды ұстайтын қармақ.*

**ТІЛШЕЛЕ=** ет. *Етті бөлшек-бөлшек, борша-борша етіп тілу, тілімдеу.*

**ТІЛШЕЛЕН=** ет. **1.** *Бөлшектену, борша-борша болып тілімдену.* **2.** ауыс. *Жүрегі жаралану, тілімдену.*

**ТІЛШЕЛЕНУ** *Тілшелен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛШЕЛЕУ** *Тілшеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛШІ** зат. **1.** *Белгілі бір халық тілін зерттейтін ғалым, тіл білімінің маманы.* **2.** *Редакцияның тапсырмасымен газетке мақала, хат, хабар жазып тұратын тұрақты қызметкер, меншікті тілші, журналист.*

**Тілшілер қосыны.** кіт. *Бұқаралық ақпарат құралдарының әр аймақтағы өкілдігі; аймақтық газет тілшілерінің ұжымы, тобы.*

**ТІЛШІК** зат. **1.** анат. *Көмейдің үстінде, жұмсақ таңдайдың артқы жағындағы бөлігі, кішкене тіл.* **2.** егіншар. *Өсімдік жапырағына жанаса бітетін жарғақты өскін.*

**ТІЛШІЛІК** зат. *Тілші кәсібімен шұғылданушылық; газет тілшісі қызметін атқарушылық.*

**ТІЛІГРАМ** зат. сөйл. ***Жеделхат.***

**ТІЛІК[1]** зат. *Заттың, нәрсенің кішілеу етіп тілінген бөлігі.*

**ТІЛІК[2]** сын. **1.** *Тілінген, кесілген.* **2.** *Құлағына тіліп салынған ені бар.*

**Тілік ен.** этн. *Құлақтың ұшын сұғынта тіліп салынған белгі.*

**ТІЛІКГҮЛ** зат. өс. <лат. nonnea> *Айлаулықтар тұқымдасы ноннеа туысына жататын өсімдік.*

**ТІЛІКЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. athamantha> *Шатырғүлдер тұқымдасы атаманта туысына жататын өсімдік.*

**ТІЛІКҚҰЛАҚ** зат. өс. *Дәнді дақылға жататын шөптесін өсімдік.*

**ТІЛІКШЕ** зат. *Тіліктің кішілеу бөлігі.*

**ТІЛІКШЕЛЕУ** сын. *Тіліңкірегендеу, сәл кесілген.*

**ТІЛІМ** сын. **1.** *Кішкентай етіп тілінген, бір жапырақ.* **2.** *Тілімденген, тілім-тілім болған.*

**ТІЛІМДЕ=** ет. **1.** *Тілгілеу, кескілеу, тілу.* **2.** *Жерді жырту, тілгілеп осу.* **3.** ауыс. *Жүрекке жара салу, жанды қинау.*

**ТІЛІМДЕЛ=** ет. *Тілім-тілім болу.*

**ТІЛІМДЕЛУ** *Тілімдел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛІМДЕН=** ет. *Тіліну, тілімделу.*

**ТІЛІМДЕНУ** *Тілімден етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛІМДЕУ** *Тілімде етістігінің қимыл атауы.*

**ТІЛІМ-ТІЛІМ** сын. **1.** *Жырым-жырым, тілімденген.* **2.** ауыс. *Жаралы, дертті.*
**ТІЛІН=** ет. *Тілік-тілік болып кесілу.*
**ТІЛІНДІР=** ет. *Тілімдендіру, тілдіру.*
**ТІЛІНДІРУ** *Тіліндір етістігінің қимыл атауы.*
**ТІЛІНУ** *Тілін етістігінің қимыл атауы.*
**ТІЛІС=** ет. *(Қақ) тілу ісіне көмектесу.*
**ТІЛІСУ** *Тіліс етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМСЕМ** зат. тех. *Белгілі бір материалдың жұқа, жайпақ бөлігі.*
**ТІМСІН=** ет. сөйл. ***Тімтін.***
**ТІМСІНУ** *Тімсін етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМТІН=** ет. *Тімiскелеу, іздеу, тімсіну.*
**ТІМТІНУ** *Тімтін етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКЕК** сын. *Әр нәрсені бір тімiскелеп, тімтініп жүретін, түртіншек.*
**ТІМІСКУ** *Тімiскі етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКІ** сын. *Әр нәрсені бір тімiскелеп, түртініп жүретін.*
**ТІМІСКІ**= ет. *Тімсініп, тімiскілеу, түртініп жүру.*
**ТІМІСКІЛЕ=** ет. *Тімту, түртіншектеу.*
**ТІМІСКІЛЕН=** ет. *Тімтіну, түртіншектену.*
**ТІМІСКІЛЕНУ** *Тімiскілен етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКІЛЕС=** ет. *Тімтісу, бірге түртініп жүру, сумаңдасу.*
**ТІМІСКІЛЕСУ** *Тімiскілес етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКІЛЕТ=** ет. *Тімсінту, сумаңдату.*
**ТІМІСКІЛЕТУ** *Тімiскілет етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКІЛЕУ** *Тімiскіле етістігінің қимыл атауы.*
**ТІМІСКІЛІК** зат. *Тімiскіленушілік, тімтінушілік.*
**ТІМІСКІН=** ет. сөйл. *Тімiскілену.*
**ТІМІСКІНУ** *Тімiскін етістігінің қимыл атауы.*
**ТІН**[1] зат. **1.** *Әрқайсысы бөлек-бөлек есіліп, ширатылған соң, біріктіріп, қосып бұралатын арқанның т.б. жібі.* **2.** ауыс. *Буын, көңіл.*
**Тін етті.** *Жіпті екі-екіден не үш-үштен ширатты.* **Тіні жүгініп кетті.** қолөнер. *Тіннің босауынан түйін түйіртектің пайда болуы.*
**ТІН**[2] зат. бот. **1.** *Өсімдік ұлпасының бір түрі.* **2.** биол. <лат. textus> *Адам мен жануарлар ағзасында болатын, шығу тегі, құрылысы және атқаратын қызметі ұқсас жасушалар жүйесі.*
**ТІНДЕС** сын. *Тіні бір.*
**ТІНДІ** сын. *Тіні өскен.*
**ТІНТ=** ет. **1.** *Үйдің ішін, қора-қопсыны ақтарып-төңкеріп қарау, бір нәрсе іздеу.* **2.** ауыс. *Жан-жаққа үңіле қарау, көзімен ішіп-жеу.*
**ТІНТКІЗ=** ет. *Ақтарып-төңкеріп қаратқызу, бір нәрсе іздеткізу.*
**ТІНТКІЗУ** *Тінткіз етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТКІЛЕ=** ет. **1.** *Ақтарып қарау, іздестіру.* **2.** *Жан-жаққа үңіле көз салу.*
**ТІНТКІЛЕС=** ет. *Ақтарысу, іздесу.*
**ТІНТКІЛЕСУ** *Тінткілес етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТКІЛЕТ=** ет. *Ақтарту, қарап іздету.*
**ТІНТКІЛЕТУ** *Тінткілет етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТКІЛЕУ** *Тінткіле етістігінің қимыл атауы; ақтарып қарау, іздестіру.*
**ТІНТТІР=** ет. *Ақтарып қараттыру, іздестірту.*
**ТІНТТІРУ** *Тінттір етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТУ** *Тінт етістігінің қимыл атауы; ақтарып-төңкеріп қарау, бір нәрсе іздеу.*
**ТІНТУШІ** зат. *Арнайы тапсырмамен айыпты адамның үй-жай, қора-қопсысын ақтарып-төңкеріп тінтитін адам.*
**Тінтуші қошқар.** жерг. *Қойлардың күйге келгенін анықтап беретін қошқар.*
**ТІНТУІР** зат. инф. <ағыл. mouse> *Қолмен ұстап басқара отырып экрандағы меңзерді қозғалтатын, кішкене компьютер құрылғысы, жүгіртпе.*
**ТІНТІЛ=** ет. *Ақтарып-төңкеріп қаралу, бір нәрсе іздетілу.*
**ТІНТІЛУ** *Тінтіл етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТІН=** ет. *Тімiскілену, сұғанақтана іздену.*
**ТІНТІНУ** *Тінтін етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНТІС=** ет. *Бірге тінту, ақтарысу.*
**ТІНТІСУ** *Тінтіс етістігінің қимыл атауы.*
**ТІНІКЕ** зат. кәс. *Лажы (эмаль).*
**ТІПТЕН** үст. *Мүлде, тым, өте.*
**ТІП-ТИТТЕЙ** сын. *Кіп-кішкентай, титімдей.*
**ТІПТІ** үст. сөйл. ***Тіптен.***
**ТІП-ТІК** сын. **1.** *Біп-биік.* **2.** *Түп-түзу, түп-тура.* **3.** ауыс. *Өткір, батыл.*
**ТІП-ТІКЕ** үст. *Түп-тура, тіктен-тік.*
**ТІПШЕ-ТІПШЕ** од. *Жем жеп үйренген қойды жемге шақыру үшін айтылатын сөз.*
**ТІРГІЗ=** ет. сөйл. *Тірілткізу, қалпына келтіргізу.*
**ТІРЕ=** ет. **1.** *Таяп қою, тақау, сүйеу.* **2.** *Істің ретін, бағытын бір нәрсеге апарып нұсқау, ыңғайлау.*
**Тірерге тұяқ қалдырмады [қоймады].** *Малдан жұрдай етті, ештеңе қалдырмады.* **Тіреп тұр.** *Бір істің тұтқасын ұстап тұр деген мағынада.*
**ТІРЕК** зат. **1.** *Үй, қора, шахта т.б. бел ағаштарын тіреп қоятын тірек ағаш.* **2.** ауыс. *Сүйенер сүйеніш, таяныш.*
**Тірегі жоқ.** *Сүйенері жоқ, панасыз.* **Тірек пункті.** әск. *Инженерлік тұрғыдан жабдықталған, атыс құралдарымен толық жасақталған айнала қорғанысқа бейімделген жергілікті жер өңірі, қорғаныс позицияларының (қорғаныс ауданының) бір бөлігі.* **Тірек сырық.** *Жеміс ағаштарының бұтағынан жеміс түсіруге лайықталған ұшы айыр сырық.* **Тірек табан.** тех. *Ауылшаруашылығы мәшинесінің тетігі.* **Тірек ұлпа.** бот. *Өсімдікке беріктік қасиет беретін ұлпа.*
**ТІРЕКСІЗ** сын. *Сүйенер сүйеніші жоқ, таянышсыз.*
**ТІРЕКТЕ=** ет. *Негіздеу, тиянақтау.*
**ТІРЕКТЕН=** ет. *Негізделу, тиянақтану.*
**ТІРЕКТЕНУ** *Тіректен етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕКТЕУ** *Тіректе етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕКТІ** сын. *Тиянақты, табанды, сенімді.*
**Тіректі геодезиялық тор.** геодез. *Жер бетінде топографиялық түсірімдер мен геодезиялық өлшеулер жүргізу негізінде тірек пунктінің қызметін атқаратын нүктелер жүйесі.*
**ТІРЕЛ=** ет. **1.** *Таяп қойылу, тақалу, сүйелу.* **2.** *Тиіп тұру.* **3.** ауыс. *Тірек етілу, негізделу.*
**ТІРЕЛТ=** ет. *Бір нәрсеге сүйету.*
**ТІРЕЛТУ** *Тірелт етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕЛУ** *Тірел етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕЛІС=** ет. *Тақалысу, тіресу.*
**ТІРЕЛІСУ** *Тіреліс етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕМЕ**[1] зат. *Аяқкиімнің шажамайы түсынан сынып кетпеуін қамтамасыз ететін, өкшесі мен табан аралығына ұлтарақ астынан салынатын жайпақ жұқа темір.*
**ТІРЕМЕ**[2]**: тіреме таужыныс қысымы.** кен. *Тазартып қазу жұмыстары, жер асты қазбаларын жүргізу кезінде таужыныстар массивінің үстінде жатқан таужыныстар массасының реттелуі нәтижесінде қопарылған таужыныстарға, пайдалы қазылымдар массиві мен кентіректерге түсетін қысым.*
**ТІРЕН=** ет. сөйл. *Таяну, сүйену.*
**ТІРЕНУ** *Тірен етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕНІШ** зат. **1.** *Сүйенетін зат, таяныш, тірек.* **2.** ауыс. *Арқа сүйер сенімді адам.*
**ТІРЕС=** ет. **1.** *Бір-бірімен қақтығысу, күш таластырып сіресу, арпалысу, егесу.* **2.** *Сығылысу, тығылысу.*
**ТІРЕСТІР=** ет. *Сығылыстыру, тығылыстыру.*
**ТІРЕСТІРУ** *Тірестір етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕСТІРІЛ=** ет. *Тақастырылу, сүйеттірілу.*
**ТІРЕСТІРІЛУ** *Тірестіріл етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕСУ** *Тірес етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕТ=** ет. *Бір нәрсеге сүйету.*
**ТІРЕТУ** *Тірет етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРЕУ**[1] зат. **1.** *Үйдің, қораның т.б. бел ағашы майысып я құлап түспеуі үшін астынан тік қоятын таяныш, бағана.* **2.** *Қолмен ұстап не тіреп сүйенетін* з а т. **3.** ауыс. *Сүйенер сүйеніш, сенімді таяныш, тірек.*
**Тіреу бақан.** этн. *Киіз үй тіккенде қолданылатын бақанның түрі.* **Тіреу болды.** *Медеу, сүйеу болды.*
**ТІРЕУ**[2] *Тіре етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені сүйеп ұстап тұру.*
**ТІРЕУЛЕН=** ет. *Жиналу, толаю, күшею.*
**ТІРЕУЛІ** сын. *Тірелген, тіреп қойылған, тақалған.*
**ТІРЕУЛІК** сын. *Тіреуге жарайтын, тіреу боларлық.*
**ТІРЕУСІЗ** сын. *Тіреуі жоқ, тіреу қойылмаған, сүйеусіз.*
**ТІРЕУШІ** зат. *Тіреу қоюшы, тіреу салушы маман.*
**ТІРЕУІШ** зат. *Тіреу ретінде қойылатын діңгек, сырық.*
**ТІРКЕ=** ет. **1.** *Тіркестіру, қосу.* **2.** *Есепке алу, хаттау, журналға жазу.*
**ТІРКЕЛ=** ет. *Есепке алыну, хатталу, журналға жазылу.*
**ТІРКЕЛУ** *Тіркел етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРКЕЛІМ** зат. экон. <лат. registrum> *Құқықтық мәні бар көрсеткіш, тізбе, кітап, есептік құжат.*
**ТІРКЕМ** зат. <лат. registrum> *Істерді, құжаттарды, мүліктерді т.б. жазуға арналған кітап.*
**ТІРКЕМЕ** зат. *Мәшиненің немесе трактордың арт жағына қосымша тіркелетін, жүк салуға арналған қорапты доңғалақты көлік.*
**ТІРКЕМЕЛІ** сын. *Тіркемесі бар, тіркеме тіркелген.*
**ТІРКЕМЕШІ** зат. *Трактор соңындағы тіркемені басқарып отыратын жұмысшы.*
**ТІРКЕС**[1] зат. *Қатарласқан тізбек.*
**ТІРКЕС**[2] сын. *Жалғас, қатар, бірінен соң бірі.*
**Тіркес гендер.** бот. *Бірігіп, тіркесіп тұқым қуалайтын, бір хромосомада шоғырланған бүкіл гендердің жиынтығы.* **Тіркес тұқым қуалау.** бот. *Бір хромосомада шоғырланған гендер арқылы болатын тұқым қуалау.*
**ТІРКЕС=** ет. *Бірінің соңынан бірі шұбап жалғасу, тізбектелу.*
**ТІРКЕСПЕ** зат. *Бөлмелері тіркестіре орналастырылатын тұрғын үй үлгісі.*
**ТІРКЕСТЕ=** ет. *Соңынан қалмау, тілерсектеу.*
**ТІРКЕСТЕН=** ет. *Тіркес-тіркес болу, тізбектену.*
**ТІРКЕСТЕНУ** *Тіркестен етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРКЕСТЕУ** *Тіркесте етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРКЕСТІР=** ет. *Жалғастыру, тізбектестіру.*
**ТІРКЕСТІРУ** *Тіркестір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалғастыру, тізбектестіру.* **2.** инф. *Жеке элементтерді біртұтас бүтінге біріктіру.* **3.** *Операциялардың тізбекшесін қалыптастыру.*
**ТІРКЕСТІРІЛ=** ет. *Жалғастырылу, тізбектестірілу.*
**ТІРКЕСТІРІЛУ** *Тіркестіріл етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРКЕСУ** *Тіркес етістігінің қимыл атауы.*
**ТІРКЕСІМ** зат. лингв. **1.** *Тілдегі сөздердің бір-бірімен бірігу, байланысу тәсілі.* **2.** *Негұрлым жоғары деңгейдегі тіл бірліктерін жасау кезінде тілдік бірліктердің тіркеу қабілеті.*
**ТІРКЕСІМДІ** сын. *Тіркесу, бір-бірімен байланысу қасиеті бар.*
**ТІРКЕТ=** ет. *Есепке алдыру, хатқа түсірту, тізімдету.*
**ТІРКЕТУ** *Тіркет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРКЕТІЛ=** ет. *Есепке, хатқа түсіртілу, тізімдетілу.*

**ТІРКЕТІЛУ** *Тіркетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРКЕУ**[1] зат. *Мәшине, тракторға қосып тіркелетін, дөңгелекті қосымша көлік, тіркеме.*

**ТІРКЕУ**[2] зат. **1.** *Тұрған жерді көрсетіп, құжатта тіркелген белгі.* **2.** заң. <лат. registratio> *Заңдылық сипат беру үшін, есепке алу мақсатымен деректерді немесе құбылыстарды тіркеп отыру үшін жасалатын жазба.*

**Тіркеу туралы куәлік.** *Заңды тұлға ретінде тіркелген ұйымдарға құзыретті мемлекеттік орган беретін белгіленген үлгідегі құжат.*

**ТІРКЕУ**[3] зат. көне. *Айып ретінде төленетін малға қоса берілетін қосымша, қосалқы уақ мал, дүние.*

**ТІРКЕУ**[4] *Тірке етістігінің қимыл атауы; тізімге енгізу, кітапқа жазып қою; тізбе, тізім жасау.*

**ТІРКЕУЛІ** сын. **1.** *Біріне-бірі тіркелген, матасқан, бекітілген.* **2.** *Есепке алынған, қатталған.*

**ТІРКЕУШІ**[1] зат. *Трактор тіркеуінде істейтін маман.*

**ТІРКЕУШІ**[2] зат. **1.** заң. *Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.* **2.** *Біреуді, бір нәрсені тіркеу жүргізетін ресми тұлға.*

**ТІРКЕУІШ** зат. инф. <ағыл. recorder> **1.** *Өңделетін немесе басқарушы ақпараттарды сақтауға арналған, 32 биттен тұратын процессордың шапшаң істейтін жадының шағын бөлігі.* **2.** *Есептеу құрылғысының бір санды немесе сөзді уақытша сақтауға арналған шағын көлемді жад блогы; регистр.*

**ТІРКІС**[1] зат. жерг. *Ерте кездегі ағаш соқамен мойынтұрықты бірлестіріп байлайтын қайыс.*

**ТІРКІС**[2] сын. жерг. *Өз айтқанынан басқаға көнбейтін қыңыр, қырсық.*

**ТІРЛІК** зат. сөйл. ***Тіршілік.***

**Тірлік болмады.** *Өмір жоқ, тіршілігі бітті.* **Тірлік дабыры.** *Күнделікті тұрмыстың абыр-сабыр, азан-қазан шағы.* **Тірлік исі.** бейн. *Өмірсүйгіштік, өмірге құлшыныс тудыратын сезім.* **Тірлік нысаны.** *Тіршілік иесі.* **Тірлікті қарын билеген [заман].** *Ішер асқа жарымаған адамдардың рухани дүниені екінші орынға ысырып, тұрмыс қамымен кетуі.*

**ТІРЛІК-БОЛМЫС** зат. *Белгілі дәрежедегі іс-әрекет, хал-жәй, тіршілік-тауқымет.*

**ТІРЛІКСІЗ** сын. **1.** *Тіршілік жоқ.* **2.** ауыс. *Шаруасыз, іс-әрекетсіз.*

**ТІРМІЗІК** сын. жерг. *Тырысып бағушылық, өлермен.*

**ТІРНЕК**[1] зат. саят. *Үш жасар бүркіт.*

**ТІРНЕК**[2] зат. *Күнделікті іс-әрекет, тірлік.*

**ТІРНЕКТЕ=** ет. *Аз-аздап, там-тұмдап, тырнақтап жинау.*

**Тірнектеп жинады.** *Азар дегенде басын құрастырды, там-тұмдап жинады.* **Тірнектеп мал жинады.** *Бар күш қайратын жұмсап, біртіндеп мал жинады.*

**ТІРНЕКТЕЙ** сын. сөйл. *Тырнақтай, кішкентай.*

**ТІРНЕКТЕН=** ет. *Там-тұмдап тырбаңдану, тырнақтап жинау.*

**ТІРНЕКТЕНУ** *Тірнектен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРНЕКТЕУ** *Тірнекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРСЕК** зат. *Жан-жануарлардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп-жазылуына қажетті сіңір; құлтаның жоғарғы тұсы.*

**ТІРСЕКТЕ=** ет. *Тірсегінен алу, соңынан қалмай, өкшелеу.*

**ТІРСЕКТЕС=** ет. *Соңынан қалмай ілесу, өкшелесу.*

**ТІРСЕКТЕСУ** *Тірсектес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРСЕКТЕТ=** ет. *Соңынан қалмай, өкшелете қуу.*

**ТІРСЕКТЕТУ** *Тірсектет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРСЕКТЕУ** *Тірсекте етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРШІЛІК** зат. **1.** *Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік.* **2.** *Тірі жүрушілік, аман-саулық.* **3.** ауыс. *Белгілі бір шаруа, кәсіп.* **4.** *Тіршілік иесі, тірі зат.*

**Тіршілігің құрсын!** *Бүйтіп тіршілік еткенше, тірі жүрмей-ақ қой.* **Тіршілік етті**. *Өмір сүрді, күн көрді.* **Тіршілік заттегі.** хим. а) *Организмдердің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған химиялық қосылыстар (бірақ олардың дене құрамына кіруі міндетті емес).* ә) *Тіршілікті қолдау үшін қажетті химиялық элемент немесе қосылыс.* **Тіршілікке қабілеттілік.** биол. *Организмнің үнемі сыртқы ортамен қарым-қатынаста болып, қоршаған орта жағдайы өзгерген кезде тіршілігін сақтап қалуға икемділігі.* **Тіршілік кеңістігі.** а) биол. *Популяцияның бір дарағына келетін, дарақтың популяция құрамында қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ететін орташа аудан.* ә) *Тамақ өндіру, техникалық дақылдар өсіру, инфрақұрылымдарымен қоса өнеркәсіп объектілерін жайғастыру және адамдардың демалып тынығуы үшін қажет аудандарды қамтитын адамның барлық қажетсінулерінің қанағаттандырылуы үшін қажет аумақ.* **Тіршілік ортасы**. биол. *Өсімдіктің, жануардың немесе тұтас биоценоздың тіршілік етуіне қажетті жағдайлары бар орта.* **Тіршілік сапасы.** *Адам экологиясында және әлеуметтік экологияда адамдардың мәдени және материалдық мұқтаждықтарға қанағаттандыру сапасын білдіру үшін кең қолданылатын ұғым.* **Тіршілік етті.** *Өмір сүрді, күн көрді.* **Тіршілік ету.** *Өмір сүру.* **Тіршілік қайығын еркін есті.** бейн. *Өмір жолында өзіне сенімді болды, оңай игеріп әкетті.* **Тіршіліктің ірімі.** *Күнделікті өмірдің күйбеңі, қалтарысы мен қиын кезеңдері.* **Тірі жан тіршілігін істейді.** *Әркім өз тіршілік-қамын жасайды деген мағынада.*

**ТІРШІЛІКСІЗ** сын. *Ешбір тіршілігі жоқ, өлі.*

**Тіршіліксіз суқойма.** *Құрамында биогендік заттектері өте аз болатын, тіршілік онша дамымайтын суқойма.*

**ТІРШІЛІКТІК** зат. *Тіршілікке қажеттілік.*

**ТІРІ** сын. **1.** *Жаны бар, тіршілік етуші.* **2.** *Өмірде бар, өмір сүріп жүрген.*

**Тірі азап [қорлық]**. *Қиямет-қайым, мехнат.* **Тірі аруақ.** а) *Өлген адам тәрізді құр сүлдесі қалған, бейбақ.* ә) *Дәрменсіз адам мағынасында айтылады.* **Тірі әруақ.** сөйл. ***Тірі аруақ.*** **Тірі бол!** *Аман-есен, сау-саламат жүр!* **Тірі бейіт**. *Көзі тірісінде орны белгіленіп, тұрғызылған бейіт.* **Тірі еткенді құр етпеді.** діни. *Жан бергенді құр тастамады, ризығын берді.* **Тірі жан [пенде].** *Адам баласы, адамзат, кісі.* **Тірі жанға көрінбеді.** *Ешкімнің көзіне түспеді.* **Тірі жанға теңдік бермеді [берген жоқ].** *Ешкімге есесін жібермеді.* **Тірі жан жоқ.** *Ешкім, ешбір адам жоқ.* **Тірі жаннан қаймықпады.** *Ешкімнен қорықпады.* **Тірі жан тісті бақа**. *Әйтеуір талпынып, ұмтылып жатыр деген мағынада.* **Тірі жесір.** *Күйеуі ұзақ сапарға кеткен не ажырасып кеткен әйел.* **Тірі жетім.** а) *Әке-шешесінен жастай айырылған бала.* ә) *Желіндемей төлдеген қойдың қозысы.* **Тірі жүн.** қойшар. *Қойдың қалың болып ұйысқан қысқы жүнінің астынан жаз шыға жаңадан шыққан және сол ұйысқан жүнінің көтеріліп қырқылғаннан кейін шығып келе жатқан жүні.* **Тірі заттек.** *Биосферадағы тірі организмдердің жиынтығы және биомассасы.* **Тірі кесір болды.** *Арылмастай қырсыққа айналды, пәле болды.* **Тірі кетпейді.** *Аман жібермейді.* **Тірі күйік болды.** *Тірідей қайғы-қасірет шектірді, уайым болды.* **Тірі күйік тартқызды.** *Тірідей қайғы-қасірет шектірді.* **Тірі күн.** поэт. *Жақсы тұрмыс, бейбіт өмір.* **Тірі қалды.** *Өлмеді, ажал аузынан қалды.* **Тірі масқара**. *Нағыз сорақы, барып тұрған оңбағандық.* **Тірі өлік.** *Құр сүлдесі қалған, жансыз бейне; қолынан түк келмейтін дәрменсіз, қауқарсыз адам.* **Тірі өліктей.** *Қауқарсыз, дәрменсіз адам.* **Тірі пенде.** а) *Жарық дүниеде өмір сүруші, тіршілік етуші адам.* ә) *Қыбыр еткен, қит еткен жан; ешкім.* **Тірі сөз.** *Жанға нәр, қуат берер, иландырар, шипа болар жанды сөз.*

**ТІРІ: тірі дән.** *Диірменнен бітеу шыққан дән.*

**ТІРІДЕЙ** үст. *Өлтірмей тірі күйінде, тірі тұрғанда.*

**Тірідей жеді [жеп қойды].** *Қатты ұрысты; қатты ұрсып, ұялтты.* **Тірідей жерге кірді [масқара болды, өлді].** *Қатты ұялды, өлердей ұялды.* **Тірідей жерледі [көмді]**. *Жер-жебіріне жетіп жәбірледі, әбден ұятқа қалдырды, масқара етті.* **Тірідей көрге тықты.** *Әбден өлімші етті, азапқа салды.* **Тірідей қорлық.** *Қараптан-қарап, ішпей-жемей, күнәсіз қиянат көру.* **Тірідей өлді**. *Көп алдында масқара болды, иті шықты.* **Тірідей салмағы**. *Сойылмай тұрғандағы салмағы.* **Тірідей тілу.** биол. <лат. vivus – тірі, sectio – тілу> *Тәжірибе арқылы жануар организмінің қызметін зерттеу, аурудың себебін анықтау, түрлі заттардың әсерін білу, хирургиялық емдеу жолын анықтау үшін жасалатын оталау (операция) әдістемесі.*

**ТІРІК** зат. сөйл. ***Тіршілік.***

**ТІРІҚАЗЫНДЫЛАР** зат. *Бір геологиялық дәуірден басқасына елеулі өзгеріссіз өтетін әртүрлі таксономиялық дәрежедегі ағзалар.*

**ТІРІЛ=** ет. **1.** *Қайтадан жан біту, жан кіру.* **2.** ауыс. *Әлдену, күш алу.* **3.** ауыс. *Жандану, ояну.*

**ТІРІЛЕ=** ет. саят. *Қыран құстың балапанына жанды нәрсе жегізіп баулу, сонымен ауыздандыруы.*

**ТІРІЛЕЙ** үст. сөйл. ***Тірідей.***

**Тірілей жұмыртқалау.** биол. *Жануарлардың жетілген ұрығы бар жұмыртқа тууы.* **Тірілей суару.** егіншар. *Өсімдікті өсіп-жетілу кезінде суару.*

**ТІРІЛЕТ=** ет. саят. *Балапан құсқа жанды нәрсе жегізіп баулыту, сонымен ауыздандыру.*

**ТІРІЛЕТУ** *Тірілет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРІЛЕУ** *Тіріле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРІЛТ=** ет. **1.** *Жан бітірту.* **2.** ауыс. *Ояту, қайта қалпына келтірту, еске түсірту.*

**ТІРІЛТУ** *Тірілт етістігінің қимыл атауы; жан бітірту.*

**ТІРІЛУ** *Тіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ТІРІЛІК** зат. *Тірі жүргендік, тірі болып өмір сүрушілік.*

**ТІС**[1] зат. <лат. dens> **1.** анат. *Адамның, жан-жануарлардың шайнауға немесе тістеп ұзуге бейімделген, ауыз қуысындағы қатар тізілген сүйек мүшесі.* **2.** *Ауылшаруашылық сайман, техникалардың жүзі, тарақтың ұшы.* **3.** ауыс. *Өмірдің қиындығы, азабы, зардабы.*

**Тіс ауруы.** мед. *Тіс ұлпасы мен қызылиектің қабынуы салдарынан тіс түбірлері жалаңаштанып, іріңдеп тіс қағының орнығуы сияқты ауру түрлері.* **Тіс басқан**. жерг. *Тоқтасқан, жасы келген, кәрі.* **Тіс батырысты.** *Күш қолданысты, қаттырақ күш қолданды.* **Тіс емдеу.** мед. <грек. stoma – ауыз, logos – ілім> *Тіс, жақ, ауыз қуысы ауруларын емдеумен айналысатын медицина саласы.* **Тіс жарды.** а) *Сәбиге тіс шыға бастады.* ә) *Үн қатты, сөйледі, сыр ашты.* **Тіс жармады.** *Сөйлемеді, үн қатпады, үндемеді.* **Тіс жарып тырс етпеді [тырс етіп тіс жармады]**. *Үндемеді, еш нәрсе айтпады, тіл қатпады.* **Тіс жарысқан жоқ.** *Өзара үндемеді, тіл қатпады.* **Тіс жуатын сықпа.** *Тіс жууға арналған, фтор қосылған құтыдағы паста.* **Тіс кариесі.** мед. *Тістің қатты тіндерінің бұзылуынан тісте қуыстың пайда болуы; өте көп тараған ауру.* **Тіске сыздық етті.** *Үнемдеді, тіс тиерлік алданыш етті.* **Тіс қағу.** этн. *Сойылған малдың тісін қағып түсіру салты (қазақтардың түсінігі бойынша, егер бұл салтты орындамаса, тазалық сақталмаған болып саналады).* **Тіс қобысы**. *Түйе тісіндегі жарықшақ, түйе жасын анықтауға болатын өлшем.* **Тіс қыртысы.** *Тіс тілігінен (етінен) шығып тұрған тіс тұрқы.* **Тіс мойны.** *Тіс сауыты мен тіс түбірін бір-бірінен бөліп тұрған жіңішке аралық.* **Тіс өзегі.** анат. *Тіс түбіріндегі канал.*

**Тіс салды.** *Тістеді, тісін батырды.* **Тіс сауыты.** *Тістің ауыз қуысына шығып тұрған бөлігі.* **Тістері тістеріне тимей [тісі тісіне тимей] сақылдады.** *Қатты тоңды.* **Тіс тимеген.** *Мал жемеген.* **Тіс түбірі.** *Тістің тіс ұяларына кіріп тұрған бөлігі.* **Тіс, тырнағымен жабысты**. *Жата жармасты, өлердей жабысты.* **Тісті қамады.** *Жас алма, қышқылтым жемісті жеп, тіс тұтылып қалды, ауырды.* **Тістің мөрі.** в е т . *Тістің жылар бетіндегі шұңғылдау келген өңезді, қақты бедер өрнегі.* **Тістің суындай.** *Сайлы, сайдауыт.* **Тісті тіске қойды.** *Аштыққа әрең көнді, шыдады, тарықты.* **Тіс шұқыр қылтанақ жоқ**. *Шөп шықпаған тақыр.* **Тісі бақаланды**. *Бір нәрсені өзі жеместен арнап, сақтап қойды.* **Тісі батпады.** *Батылы жетпеді, ойындағысын айта алмады.* **Тісі батты.** *Батырып сөйледі.* **Тісі кетиді**. *Кетік тісі көрініп күлді.* **Тісі қаладай.** *Тісі біркелкі ірі, мықты.***Тісі қалмады**. *Тістерінің бәрі түсіп қалды.* **Тісі қаусады.** *Ауызда сау тіс қалмады, түгел түсіп қалды.* **Тісін басты.** *Егесті, өштесті, жауласты.* **Тісін батырды.** *Әлімжеттік керсетті.* **Тісін батыру.** *Зорлық-зомбылық көрсету, күштеу.* **Тісін бүрша ұра бастады**. т ү й е ш а р . *Түйенің 9 жасар кезінде айырдың қасқа маңдайы ұцкілденіп, тоза бастауы.* **Тісіне басты [сыздық қылды].** *Азық етті, үнемдеп талшық қылды.* **Тісінен шықпады.** *Ешкімге айтпады, тіс жармады, жан баласына білдірмеді.* **Тісін жасырды.** *Арам ойын ішке тықты, қастық ойлады.* **Тісін қайрады.** *Өшікті, өштесті, кектенді.* **Тісін салды**. *Жыртқыш аң талады, дал-дұлын шығарды.* **Тісін тісіне қойып сақтады**. а) *Біреуге арнап, тәтті дәмін өзіне қимай сақтады.* ә) *Аманатты берік сақтады.* б) *Сыртқа сыр шығармады.* **Тісінен шығармады.** *Ішкі сырын, құпиясын ешкімге айтпады, білдірмеді, жария етпеді.* **Тісінің сыздығына сақтады.** *Сырды берік, бекем, құпия ұстады; жария етпеді.* **Тісің барда ысқырып қал**. *Қайратың барда көріп қал; қолыңнан келіп тұрғанда дегеніңді істеп қал деген мағынада.* **Тісі өтпеді**. а) *Қатты нәрсені тіспен сындыра алмады.* ә) *Айтқанын істете алмады, сөзі жүрмеді.* **Тісі сақылдады.** *Тоңғаннан, қайрағаннан қалш-қалш етіп, тістері бір-біріне тиді.* **Тісі сары қайрақ**. *Әбден қартайған деген мағынада айтылады.* **Тісі сойдиды.** *Тісі ырсиып, ақсиды.* **Тіс ісігі [қанжел].** м е д . *Пародонт ұлпаларының жеткіліксіз қоректенуінен туындайтын созылмалы ауру.* **Тісі түсті**. а) *6 жасқа келген баланың сүт тістері түсті.* ә) *Ағзадағы әртүрлі аурудан, кальций жетіспеуден, тісжегі әсерінен тіс түбірінен босап қалды.* **Тісі тісіне тимеді.** *Қатты тоңды, қалш-қалш етті, діріл қақты.* **Тісі шыққан.** *Тәжірибесі бар, ысылған.* **Тісі шықты.** а) *Тіс жарды.* ә) *Есейді, ер жетті.*

**ТІС**[2] з а т . ж е р г . *Қайықтың тұмсығына көлденең орнатылған ағаш.*

**ТІСАҒАШ** з а т . к ә с і п . *Диқандардың қарапайым еңбек құралы, бір жағы имек, ұшталған ағаш.*

**ТІСБАЙЛАМ** з а т . б и о л . <periodontium> *Тістерді (тіс түбірін) жоғарғы және төменгі жақ қызыл иек ұяларына (альвеолаларына) бекітіп тұратын дәнекер ұлпалы байлам.*

**ТІСЕ** з а т . *Құрал-сайман.*

**ТІСЕ**= е т . *Алғашқы сүт тіс түсіп, орнына қайтадан жаңа тіс шығу.*

**ТІСЕК** з а т . ж е р г . *Үйдің есігіне сүйектен жасалатын әшекей, ою.*

**ТІСЕУ**[1] з а т . в е т . <лат. dentitio> *Құлын, тай, құнан сияқты малдарда болатын тіс ауруы.*

**Тісеу құнан.** *Сүт тістерінің түсіп, орнына тұрақты тістердің шыға бастаған жылқы төлі.*

**ТІСЕУ**[2] <лат. dentitio> *Тісе етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСЖАРҒЫШ** з а т . ж е р г . *Қайрақ.*

**ТІСЖЕГІ** з а т . м е д . <лат. caries> *Ауру қоздырғышы жерінен тіс эмалі мен дентиннің тесіліп сонымен бірге минералдық заттардың жетіспеуінен тісте қуыс пайда болатын ауру.*

**ТІСКЕ** с ы н . ж е р г . *Жіңішке.*

**ТІСКЕБАСАР** з а т . *Қорек етер, жейтіндей (тамақ).*

**ТІСҚАҚҚАН** с ы н . **1.** *Тәжірибелі, ысылған, әккі, қу.* **2.** *Есейген, ересек.*

**ТІСҚАҚҚАНДЫҚ** з а т . *Көпті көргендік, пысықтық.*

**ТІСҚАҚТЫ** с ы н . *Ысылған, әккі, қу.*

**ТІСҚОЛ** с ы н . ж е р г . *Тыстық, сырттық (мата).*

**ТІСПАСТА** з а т . *Тіс жууға арналған сықпа.*

**ТІСТАЗАЛАҒЫШ** з а т . *Тіс тазалауға арналған құрал, щетка.*

**ТІСТЕ**= е т . **1.** *Тіспен алу, тісін батыру, тісімен бір нәрсені тартып жібермеу, ұзіп алу.* **2.** *Ішіп-жеу.*

**Тістеген жерде тіс қалу**. ж е р г . *Өштесу, кек алу.* **Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті.** *Кім болса соның еркінде кетті, талауға түсті.*

**ТІСТЕГЕРІШТІ: тістегерішті сорғы.** т е х н . *Екі роторлы ротациялық сорғының бір түрі.*

**ТІСТЕГІШ** с ы н . с ө й л . ***Тістеуік.***

**ТІСТЕЙ** с ы н . *Тіс сияқты, тіс тәрізді, қатты.*

**Тістей қатты.** а) *Сіресіп қатып қалды, тапжылмады, қозғалмады.* ә) *Дегенінен қайтпады, қасарысты.* **Тістей қату.** *Жабысып айырылмау.*

**ТІСТЕЛ**= е т . *Тістеп алыну, тіспен ұзілу, бөліну.*

**ТІСТЕЛЕ**= е т . *Қайта-қайта, ұсті-ұстіне тістелеу, тістей беру.*

**ТІСТЕЛЕС**= е т . **1.** *Бір-бірін қайта-қайта тістелеу.* **2.** а у ы с . *Ұрысысып-керісу, төбелесу, тіресу.*

**ТІСТЕЛЕСУ** *Тістелес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕЛЕУ** *Тістеле етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕЛУ** *Тістел етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕМ: бір тістем.** *Бір жапырақ, бір тілім.*

**ТІСТЕМЕ**[1] з а т . с ө й л . *Ауыз толтырып шайнап жейтін азын-аулақ ішіп-жем, тағам.*

**ТІСТЕМЕ**[2] з а т . ж е р г . *Тістеп жеуге қолайлы етіп жасалған ұсақталған кесек қант.*

**ТІСТЕМЕ: тістеме құрақ.** қ о л ө н е р . *Кекілік қас негізінде тігіліп, әрбір көздінің ұстіне майда-майда ақ қойып шығатын құрақ түрі.*

**ТІСТЕН**= е т . *Қатты ызаланып, зығырданы қайнау, кіжіну.*

**ТІСТЕНДІР**= е т . *Ызаландыру, кіжіндіру.*

**ТІСТЕНДІРУ** *Тістендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕНУ** *Тістен етістігінің қимыл атауы; қатты ызалану, зығырданы қайнау, кіжіну.*

**ТІСТЕНІС**= е т . *Бір-бірімен тістесу; зығырдандары қайнау, кіжінісу.*

**ТІСТЕНІСУ** *Тістеніс етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕС**= е т . **1.** *Бір-біріне тіс салу.* **2.** а у ы с . *Біреумен айтысу, ұстасып қалу, ерегісу, жағаласу, тіресу.*

**Құйрық тістесті.** а) *Ат жарыста, шабыста аттар тақалып шапты, жақындасты, соңғысы алдыңғысына тым жуық келді.* ә) *Арасы ұзілмеді, бір-біріне жалғасты.*

**ТІСТЕСТІР**= е т . *Қабаттастыру, сірестіру.*

**ТІСТЕСТІРУ** *Тістестір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕСУ**[1] *Тістес етістігінің қимыл атауы; бір-бірімен тістесіп, жақтың қарысып қалуы.*

**ТІСТЕСУ**[2] з а т . *Өзара болған шайқасулар, айқастар.*

**ТІСТЕТ**= е т . **1.** *Бір затты (тамақ) екінші бір адамның аузына ұсынып, тісіне басқызу.* **2.** *Өз қолымен ұсыну, беру.*

**ТІСТЕТТІР**= е т . *Тістеткізу, тісіне басқызу; бергізу, ұсындыру.*

**ТІСТЕТТІРУ** *Тістеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕТУ** *Тістет етістігінің қимыл атауы.*

**ТІСТЕУ** *Тісте етістігінің қимыл атауы; аузымен, тісімен бір нәрсені тістелеу; тіске басу.*

**ТІСТЕУІК**[1] з а т . **1.** *Шеге суыруға не бір нәрсені қатты қысып ұстауға арналған темірден жасалған құрал; атауыз.* **2.** *Қантты бөлуге, ұстауға және басқа да тағамдарды алуға арналған қайшы тәріздес құрал.*

**ТІСТЕУІК**[2] с ы н . *Тістеп алатын, қыршаңқы, тістегіш.*

**ТІСТЕУІШ** з а т . *Араның тістерін оңдайтын, түзейтін темір құрал.*

**ТІСТІ** с ы н . **1**. *Тісі бар; тісі өткір.* **2.** а у ы с . *Азулы, батыл, жақты. // Батыл, қорықпайтын, журекті кісі.*

**Тісті беріліс.** т е х н . *Біліктер арасында айналмалы қозғалысты беруге және айналыс жиілігін өзгертуге арналған механизм.* **Тісті жоңғы.** қ о л ө н е р . *Керегенің басы мен уықтың алақанына ыру, сызық жүргізу үшін қолданылатын жоңғы.* **Тісті киттер**. з о о л . <лат. odontoceti> *Кит тәрізділердің отряд тармағы.* **Тісті түйежоңышқа**. ө с . <лат. melilotus dentatus> *Жоңышқаның бір түрі.*

**ТІС-ТІС** с ы н . *Өркеш-өркеш, ирек-ирек.*

**ТІСШҰҚЫҒЫШ** з а т . *Тістің арасына тұрып қалған тамақ қалдықтарын алып тастуға арналған жіңішке, ұшкір таяқшалар.*

**ТІТІРЕ**= е т . **1.** *Қорыққан кезде немесе қуанғанда дененің қалтырауы, дірілдеуі.* **2.** *Жер қыртысы қозғалысының әсерінен жердің қозғалуы, жер сілкіну.*

**ТІТІРЕН**= е т . *Шошыну, ұрейлену.*

**ТІТІРЕНДІР**= е т . *Үрейлендіру, шошындыру.*

**ТІТІРЕНДІРУ** *Тітірендір етістігінің қимыл атауы.*

**ТІТІРЕНТ**= е т . *Дүр сілкіндіру, дірілдету.*

**ТІТІРЕНТУ** *Тітірент етістігінің қимыл атауы; дір еткізу.*

**ТІТІРЕНУ** *Тітірен етістігінің қимыл атауы.*

**ТІТІРЕС**= е т . *Дірілдеу, тоңу, қалшылдау.*

**ТІТІРЕСУ** *Тітірес етістігінің қимыл атауы.*

**ТІТІРЕТ**= е т . **1.** *Қалтырату, дүр сілкіндіру.* **2.** *Дірілдету, гүрілдету.* **3.** а у ы с . *Шошыту, ұркіту, қорқыту.*

**ТІТІРЕТУ** *Тітірет етістігінің қимыл атауы; селт еткізу, дір еткізу.*

**ТІТІРЕУ** *Тітіре етістігінің қимыл атауы.*

**ТІТІРКЕ**= е т . с ө й л . *Қалтырау, тітіркену.*

**ТІТІРКЕН**= е т . **1.** *Денесі түршігу, шіміркену.* **2.** *Сескену, шошыну.*

**ТІТІРКЕНГІШ** с ы н . *Денесі түршіккіш; көңіліне секем алғыш.*

**ТІТІРКЕНГІШТІК** з а т . з о о л . *Тірі жасушалардың, тіндердің (ұлпалардың) немесе тұтас ағзаның ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге жауап қайтару қабілеттілігі; ортаның өзгерістеріне бейімделушілік процесі.*

**ТІТІРКЕНДІР**= е т . *Түршіктіру, шіміркендіру.*

**ТІТІРКЕНДІРГІШ** з а т . *Ағза күйінің бұдан кейінгі өзгерістерінің шарты болып көрінетін сыртқы не ішкі, ұғынылатын не ұғынылмайтын кез келген материалдық агент.*

**Тітіркендіргіш улы заттар**. ә с к . *Жұтқыншақ пен көзге әсер ететін (тітіркендіретін) улы заттар.*

**ТІТІРКЕНДІРУ**= *Тітіркендір етістігінің қимыл атауы; қоздыру, әсер ету.*

**ТІТІРКЕНТ**= е т . *Түршіктіру, қалтырату.*

**ТІТІРКЕНТУ** *Тітіркент етістігінің қимыл атауы.*

**ТІТІРКЕНУ** *Тітіркен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дір ету, түршігу.* **2.** б и о л . *Тірі клеткалардың, ұлпалардың немесе тұтас организмнің ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштерге жауап қайтаруға қабілеттілігі.*

**ТІТІРКЕНУШІЛІК** з а т . **1.** *Тірі ағзаның сыртқы әсерге жауап беру қабілеті.* **2.** т е р м . *Тұтас ағзаның, оның органдарының, тіндерінің не жасушаларының физиологиялық күйінің тітіркендіргіштер деп аталатын сыртқы әсерлердің ықпалымен өзгеруі.*

**ТІТІРКЕНІС** з а т . *Дене түршігушілігі, шіміркенушілік.*

**ТІФӘ** о д . **1.** *Жаманат хабарды естіп, не білгенде «өзімен кетсін», «басымызға келмесін» деген мағынада айтылатын одағай сөз.* **2.** *Бір нәрсеге*

*таңданып, таңырқағанда, разы болғанда көз, тіл тимесін деп айтылатын одағай сөз.*

**ТІФУ** од. *Налығанда, ренжіп, жаратпағанда айтылатын одағай сөз.*

**ТІШКЕҚАШАУ** зат. *Жұқа қып көздеуге арналған жіңішке қашау түрі, аспап.*

**ТІШКЕЛЕУ** сын. *Жіңішкелеу.*

**ТЭН** зат. әск. *Қуаттылығы жоғары жарылғыш з а т .*

**ТЮБИНГ** [ағыл. tubing] зат. кен. *Қырлы сегменттер түріндегі құрастырмалы шойын, болат және темірбетон элементтер; жер асты имаратының қаптаулары (әдетте цилиндрлік) құрастырылатын элемент.*

**ТЮБИНГІЛІК: тюбингілік шеген**. кен. *Босаң, орнықсыз не сулы, құмды тұстардағы тік, көлбеу және еңіс қазбаларды бекіту үшін тюбингтерден құрастырылған шеген.*

**ТЮЛЕНЬ** [фин. norppa] зат. зоол. ***Итбалық*** *(Жарғақ табанды, аяқтары жүзуге икемді, теңіздерде өмір сүретін сүтқоректі жануар).*

**ТЮЛЬ** [франц. tulle] зат. *Терезеге перде ретінде қолданылатын жұқа, селдір мата.*

**ТЯНЬ-ШАНЬ: Тянь-Шань арқары.** зоол. <лат. ovis ammonkarelini>. *Таралу аймағы тарылып, саны азайып жатқан, Тянь-Шань, Шу-Іле таулары мен Жоңғар Алатауын мекендейтін жабайы тау қойының бір түрі.* **Тянь-Шань жанаргүлі.** өс. <лат. adonis tianschanica> *Биіктігі 7-8 см, өте сирек кездесетін, сабағын түк басқан дәрілік өсімдік.* **Тянь-Шань қоңыр аюы.** зоол. <лат. ursus arctos isabellinus> *Тянь-Шань және Жоңғар Алатауында, орманды және бұтасы қалың таулардың Альпі шалғынына дейін мекендейтін аюдың түрі.* **Тянь-Шань шетені.** бот. <лат. sorbus tianschanica> *Биіктігі 3–5 м, бүрінің ұзындығы 15 мм-ге жететін, діңі қызыл қоңыр түсті жылтыр ағаш.*

# У

**У**[1] лингв. **1.** *Еріннің сүйірленуі арқылы жасалатын үнді дауыс.сыз дыбыс.* **2.** *Қазақ әліпбиінің жиырма алтыншы әрпі және сол әріптің жазылу таңбасы.*

**У витамині.** *Ағзаға қажетті дәрумендердің бірі.*

**У**[2] зат. **1.** *Тірі ағзаға әсер еткенде, қалыпты тіршілік әрекеттерін күрт өзгертетін не өлімге душар ететін химиялық з а т .* **2.** ауыс. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.* **3.** ауыс. *Зияндық, жамандық.*

**У да шу.** *Айқай-ұйқай, ду-ду, гу-гу.* **У жақты**. *Қаралады, жала жапты.* **У жеген бурыл бөрі порымданды**. *Ыза кернеп аласұрды.* **У жесең [жұтсаң, ішсең], руыңмен**. *Не көрсеңде ағайын-туған, ел-жұртпен бір көрген дұрыс деген мағынада.* **У жұтқандай болды**. *Қатты қайғырды, іші шерге толып, уайым жеді.* **У қайтарғыштар**. хим. *Улы заттарды арнайы байланыстыратын және токсиндермен, улы заттармен уланғанда емдік препарат болып табылатын химиялық қосылыстар.* **У тілді.** *Тілі удай, ащы.* **У ішті.** *Азап көрді, қиналды, адасты.*

**УА**[1] од. **1.** *Көптің зейінін өзіне қарату үшін көтеріңкі үнмен айтылатын ишарат сөз.* **2.** *Разы болып қолпаштағанда, пай, пәлі деген мағынадағы ишарат сөз.* **3.** *Біреудің зейінін, көңілін өзіне бұрып, мән бердіру үшін көтеріңкі үнмен айтылатын ишарат сөз.* **4.** *Адамның көңіл күйі төмендегенде, қайғырғанда, қапаланғанда айтылатын сөз.*

**Уа, дариға!** а) *Арман, өкінішті білдіруде айтылатын одағай сөз.* ә) *Аңсау, сағыну мәнінде қолданылатын сөз.*

**УА**[2] шыл. көне. *Және.*

**УА**[3] зат. вет. *Жылқының толарсақ (буынның) қабынуы.*

**УАҒАЗ** зат. ***Уағыз*** *(үгіт-насихат, өсиет).*

**УАҒДА** зат. ***Уәде.***

**УАҒАЛАЙКҮМАССАЛАМ** [ар. وعليكم السلام] зат. *Ассалаумағалейкум деп амандасқан ер адамның сәлемін қабылдау ретінде қайтарылатын жауап.*

**УАҒДА** зат. *Уәде, серт.*

**Уағда байлады**. *Уәделесті.* **Уағда берді**. *Серт етті, уәде берді.* **Уағда берісті.** *Серт берісті, уәделесті.* **Уағда бұзу**. *Уәдесінен айну, сөзінде тұрмау.* **Уағдадан тайды.** *Берген сөзден айныды.* **Уағдада тұрысты**. *Уәдесінен, берген сертінен айнымады, сөзінде тұрды.* **Уағда десті**. *Серттесті, бір-біріне адал дос болды.* **Уағда кесті.** *Ант етті, серт берді.* **Уағда күтті.** *Уәдеде, сертте тұрады деп сенді.* **Уағда қылды [етті].** *Сөз берді, уәделесті.* **Уағдасы берік**. *Бір сөзді, сөзде тұратын.* **Уағдасы болды**. *Келісілген ортақ сөзі болды.* **Уағдасын алды**. *Сөзін алды, уәде беруді сұрады.*

**УАҒДАЛАС=** ет. *Бір-бірімен уәделесу, серт берісу.*

**УАҒДАЛАСТЫҚ** зат. *Келіссөз арқылы қол жеткен ортақ мәміле, келісім.*

**УАҒДАЛАСУ** *Уағдалас етістігінің қимыл атауы.*

**УАҒДАЛЫ** сын. *Серт жасасқан, уәделі.*

**УАҒДАСЫЗ** сын. *Уәделеспеген, сөз беріспеген.*

**УАҒДАШЫЛ** сын. **1.** *Уәдеде тұрғыш, сертке берік.* **2.** *Уәде бергіш, сертке берік емес.*

**УАҒЗА** зат. көне. ***Уағыз.***

**УАҒЫЗ** [ар. وعظ] зат. **1.** *Үгіт, насихат.* **2.** діни. *Ислам дінінде Алланың барлығы мен бірлігі, дін шындығы жайлы және адамдарды дінге шақыру мақсатында айтылатын насихат сөздер.* **3.** *Өз ойын, идеясын біреуге таңып, өткізіп, қабылдатып айтатын үгіт сөз.*

**УАҒЫЗДА=** ет. *Өсиет айту, насихат жүргізу.*

**УАҒЫЗДАУ** *Уағызда етістігінің қимыл атауы.*

**УАҒЫЗДАУШЫ** зат. **1.** *Бір нәрсе жайлы үгіт жүргізуші, насихаттаушы адам.* **2.** діни. *Мұсылман дінінің ерекшеліктерін айтушы, насихаттаушы молда, сопы т.с.с.*

**УАҒЫЗДАУШЫЛЫҚ** зат. *Насихат жүргізушілік, үгітшілік.*

**УАҒЫЗШЫ** зат. *Уағыз айтушы, үгіт жүргізуші.*

**УАҒЫЗШЫЛ** сын. *Уағыз айтқыш, уағыз айтуға жаны құмар.*

**УАҒЫЗШЫЛЫҚ** зат. *Уағыз айтушылық, үгітшілік.*

**УАЖИП** [ар. واجب] зат. көне. *Міндет, талап.*

**УАЗИПА** [ар. وظيفة] зат. *Міндет.*

**УАЗЫНА** зат. жерг. *Бытыра мылтыққа салатын дәрінің өлшеуіші.*

**УАЙ** од. **1.** *Өзара келіспеушілік, әр жаққа тартушылық орын алғанда, «сөзге құлақ сал», «ақылға кел» деген мағынада біреудің назарын өзіне қарату кезінде айтылады.* **2.** *Ау, оу одағайымен мәндес сөз.*

**УАЙТ-СПИРИТ** зат. хим. *Бензин айдағанда алынатын қайнау температурасы 165–200°С болатын көмірсутектердің сұйық қоспасы.*

**УАЙЫМ** [ар. وهم] зат. *Адамның жан дүниесіндегі сағынышпен, рухани мұқтаждықты сезінумен байланысты құлазу, қайғыру сезімі; мұң.*

**Уайым жеді.** *Қатты қайғырды, уайымдады.* **Уайым қылды**. *Уайымдады, қатты қапаланды.* **Уайымнан құр етпеді**. *Қапаландырды, уайымға салды.* **Уайым ойлады.** *Уайымдады, қайғырды.* **Уайым табы кетті.** *Сары уайымынан арылды, жадырады.* **Уайым тиді.** *Уайымға батты, уайымдады.* **Уайым шекті.** *Уайымдады, қайғы ойлады.*

**УАЙЫМДА=** ет. *Бір нәрсеге қайғыру, құсалану.*

**УАЙЫМДАҒЫШ** сын. *Уайымдай беретін, қайғырғыш.*

**УАЙЫМДАН=** ет. *Бір нәрсеге қайғыру, құса болу.*

**УАЙЫМДАНУ** *Уайымдан етістігінің қимыл атауы; қайғыру, құса болу.*

**УАЙЫМДАС=** ет. *Біреудің қайғысына ортақ болу, қайғырысу.*

**УАЙЫМДАСУ** *Уайымдас етістігінің қимыл атауы; бірге қайғыру.*

**УАЙЫМДАТ=** ет. *Бір нәрсе туралы ойланту, қапаландыру, мұңайту.*

**УАЙЫМДАТУ** *Уайымдат етістігінің қимыл атауы; бір нәрсенің жанға батып ойлантуы, мұңайтуы.*

**УАЙЫМДАУ** *Уайымда етістігінің қимыл атауы; қайғыру, мұңаю.*

**УАЙЫМДЫ** сын. *Уайымдай беретін, қайғылы.*

**УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ** зат. *Мұң-шер, қайғы-қапа.* **Уайым-қайғы жоқ**. *Қамығатын, жанын жейтін ештеме жоқ, көңілі орнықты.*

**УАЙЫМ-ҚАЙҒЫСЫЗ** сын. *Еш нәрседен тарлық көрмей, қамсыз, мұңсыз-шерсіз.*

**УАЙЫМ-ҚАЙҒЫСЫЗДЫҚ** зат. *Қайғысыздық, ештеме ойламаушылық.*

**УАЙЫМ-МҰҢ** зат. *Қайғы-шер, зар.*

**УАЙЫМСЫЗ** сын. *Уайымы, қайғысы жоқ; қамсыз, белден басатын.*

**УАЙЫМСЫЗДЫҚ** зат. *Уайымға салынбаушылық, жеңіл қарау, жеңіл ойлаушылық, қайғысыздық.*

**УАЙЫМШЫЛ** сын. *Әр нәрсені уайымдай бергіш, қайғышыл.*

**УАЙЫМШЫЛДЫҚ** зат. *Уайым ойлаушылық, уайымға салынушылық.*

**УАҚ**[1] зат. **1.** *Мезгіл.* **2.** *Сәт.* **3.** *Уақыт, кез.* **4.** *Шақ, мезет.*

**УАҚ**[2] зат. **1.** *Ұсақ, майда.* **2.** *Аз, шамалы, кішкентай.*

**Уақ ақша.** *Ұсақ тиын, ұсақ-түйек ақша.* **Уақ мал.** *Қой-ешкі, тоқты-торым, қозы-лақ сияқты малдар.*

**УАҚА** зат. сөйл. ***Оқа.***

**Уақа етпес [емес].** *Оқасы жоқ, ештеме етпейді.*

**УАҚАП**[1]**: уақап үй.** *Көпшілік болып жабылып салған ортақ үй.*

**УАҚАП**[2]**: уақап бол.** *Ұқыпты, сақ бол.*

**УАҚАПШЫЛАР** зат. діни. *Уақапшылдық бағытын ұстанушылар.*

**УАҚАПШЫЛДЫҚ** зат. діни. *Сәләфи бағытындағы ешбір мазғапқа кірмейтін ислам дініндегі ағымның бірі.*

**УАҚИБ: уақиб барған.** ескікіт. *Қаңғып барған.*

**УАҚИҒА** [ар. واقعة] зат. *Қоғамның немесе жеке адамның өміріндегі елеулі бір оқиға, құбылыс.*

**Уақиға жасады**. жерг. *Жағдай жасады, әрекет етті, ретін келтірді.*

**УАҚИҒАЛЫ** сын. *Уақиғаға толы, уақиғасы қызық.*

**УАҚҚЫ** үст. *Бір уақыттық, бір мезгілдік...*

**УАҚСЫЗ** үст *Мезгілсіз.*

**УАҚСЫН=** ет. *Уақ деп білу, уақ деп менсінбеу.*

**УАҚСЫНУ** *Уақсын етістігінің қимыл атауы; уақ деп менсінбеу.*

**УАҚТА=** ет. *Ұсақтау, майдалау.*

**УАҚТА: бір уақта.** *Бір мезгілде, бір сәтте.*

**УАҚТАҒЫШ** сын. *Майдалағыш, ұсақтағыш.*

**УАҚТАЛ=** ет. *Майдалану, ұсақталу.*

**УАҚТАЛУ** *Уақтал етістігінің қимыл атауы; ұсақталу, майдалану.*

**УАҚТАН=** ет. *Бөлшектену, ұсақталу.*

**УАҚТАНУ** *Уақтан етістігінің қимыл атауы; майдалану, ұсақталу.*

**УАҚТАТ=** ет. *Ұсақтату, майдалату.*

**УАҚТАТУ** *Уақтат етістігінің қимыл атауы; ұсақтату, майдалату.*

**УАҚТАУ** *Уақта етістігінің қимыл атауы; үгіту, майдалау, ұсақтау.*

**УАҚ-ТҮЙЕК** зат. *Ұсақ-түйек, майда-шүйде.*

**УАҚТЫЛЫ** үст. *Дер кезінде, тиісті мезгілінде.*

**УАҚТЫЛЫҚ** зат. экон. *Есептемелердің сапалық сипаттамасы.*

**УАҚ-УАҚ** үст. сөйл. *Мезгіл-мезгіл.*

**УАҚШЫЛ** сын. *Ұсақ-түйекті есептейтін, күйкі (адам).*

**УАҚШЫЛДЫҚ** зат. *Ұсақтық, күйкілік.*

**УАҚЫП** з а т . д і н и . *Діни орындарға тегін берілген зат, мүлік.*

**УАҚЫПНАМА** з а т . к ө н е . *Құдайы ісіне жұмсау үшін берілген мүлік жазылған қағаз, уақып қағазы.*

**УАҚЫТ** [ар. وقت] з а т . **1.** ф и л о с . *Материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы; мезгіл, мерзім.* **2.** *Сәт, кез, мезет.* **3.** а у ы с . *Заман, дәуір.*

**Уақыт бар**. *Әлі ерте, біраз нәрсеге үлгеруге болады деген мағынада.* **Уақыт берді.** *Мүмкіндік туғызды, жағдай жасады.* **Уақыт болып қалды**. *Біраз уақыт өтіп кетті, белгілі бір шаруаның аяқталар мерзімі тақалды.* **Уақыт бірлігі.** и н ф . <ағыл. time unit>. *Процессордың жұмыс істеу ырғағы.* **Уақыт бюджеті.** э к о н . *Қызметкердің, оның отбасы мүшелерінің немесе халықтың жекелеген тобының – уақытты (тәулікті, аптаны, айды, жылды) пайдалануы түрлеріне қарай оның жұмсалуын бөлу.* **Уақыт [сын] елегіне түсті.** *Уақыт сынынан өтті, сыналды.* **Уақыт жоғалту.** *Уақытын бос, пайдасыз, бекер істермен өткізіп алу.* **Уақыт жоқ.** а) *Қол тимейді, мұрша жоқ.* ә) *Болмайтын нәрсені соза беруге шыдамым келмейді деген мағынада.* **Уақыт [жастық] зуылдады.** *Уақыт (жастық) тез өтіп кетті.* **Уақыт кешті.** *Тағатсызданып, мазасызданып күтті.* **Уақыт кетіру.** *Уақытты босқа жіберу, өткізу, қажетсіз нәрсемен айналысу.* **Уақыт қоры**. э к о н . *Жобаны ең ерте аяқтауға болатын уақыт пен жобаны ең кеш аяқтауға болатын уақыттың арасындағы айырмашылық.* **Уақыт мәшинесі.** о к к а з . *Басқа мезгілге, басқа жағдаятқа лезде тап болушылық.* **Уақыт нормасы**. э к о н . *Тиісті біліктілігі бар бір жұмыскердің немесе жұмыскерлер тобының (бригаданың) белгілі бір ұйымдық-техникалық және табиғат-климат жағдайында өнімнің (жұмыстың) бір өлшемін орындау үшін белгіленетін жұмыс уақыты шығынының тәртіптелген шамасы.* **Уақыт озды**. а) *Аз уақыт өтті.* ә) *Күндер зымырады, күн артынан күн, ай артынан ай өтті.* **Уақыт өткізу.** *Кешеуілдеу, кешігіп қалу, әрекетсіз бос жіберіп алу.* **Уақыт өтті.** *Мезгілі келді, уақыт жылжыды.* **Уақыт санауышы**. и н ф . <ағыл. timer clock> *Таймер қызметін атқаратын компьютер құрылғысы.* **Уақыт супердидары**. и н ф . <ағыл. time supervisor> *Машиналық таймер негізінде уақыт қызметін ұйымдастыратын операциялық жүйені басқаратын программа.* **Уақыт талдауышы**. и н ф . *Белгілі жолға тиісті нұсқаулардың орындалу уақыттарын қосындылау негізінде немесе программаларының белгілі нүктелеріне белгілер қою және осы белгілер арасындағы программа бөлшегінің орындалу уақытын өлшеу негізінде программаның немесе программа бөлігінің орындалу уақытын бағалау немесе өлшеуге арналған аспаптық программалық құрал.* **Уақыт тапты.** *Қолы тиді, мұршасы келді.* **Уақыт тар.** *Уақыт аз, қысылтаяң.* **Уақытты бөлу.** и н ф . <ағыл. division of time> *Бір компьютер процессорымен бір немесе бірнеше программада бірнеше есептеу процесіне кезектесіп қызмет ететін жүйелердің негізі.* **Уақытты бөлу жүйесі.** и н ф . <ағыл. time-sharing operating system> *Уақытты бөлу режімінде компьютер жұмысын жасақтайтын операциялық жүйе.* **Уақытты бөлу мониторы.** и н ф . <ағыл. time-sharing monitor> *Уақытты бөлудің операциялық жүйесі немесе оның құрауышы.* **Уақыт тығыз.** *Өте асығыс, күттірмейтін мезгіл, уақыт жоқ.* **Уақыттың абсолюттік аралығы.** и н ф . <ағыл. absolute timelag> *Программаның орындалуының басы мен соңы арасындағы айырмаға тең уақыт аралығы.* **Уақыттың көрмесі.** б е й н . *Заман, кезең.* **Уақыттың нақты масштабы.** и н ф . <ағыл. real time> *Мәліметтер өңдеудің нақты орындалып жатқан процестерін басқару кезінде пайдаланылатын масштаб.* **Уақыттың ісі қиын**. д і н и . *Уақыт еш нәрсемен санаспайды, күтпейді деген мағынада.* **Уақытты өткізісу.** *Бірге бастан кешіру, бір іске ортақ болу.* **Уақыт үзіп кетті**. ж е р г . *Уақыт озып кетті.* **Уақыт факторларын талдау**. э к о н . *Келешекте болатын өзгерістерге жеткілікті сенімді көрсеткіш есебінде пайдаланылатын жағдайды ұсынуға негізделген талдау.* **Уақыт факторы**. э к о н . *Уақыт жөнінен әрқалай белгіленген төлемдерді мәміле жасасудың басына, түрлі уақытта жұмсалған шығындар мен алынған нәтижелерді ағымдағы мезетке не есепті жылдың басына келтіру кезінде қолданылатын көрсеткіш (коэффициент, дисконттаушы көбейткіш).* **Уақыты бітті [жетті, озды].** *Ғұмыры таусылды, қайтыс болды.* **Уақытын алды.** *Біреудің уақытын босқа әңгімемен, босқа жүріспен кетірді, мазалады.* **Уақытын бөлді.** *Негізгі жұмысынан бөлек, басқа бір істі істеуге арнайы уақыт қалдырды.* **Уақытын қаза жібермеді.** *Уақытын рәсуа етпеді, бос жүріске салынбады.*

**УАҚЫТСЫ: хош уақытсыды.** *Көңілденіп қарсы алғансыды.*

**УАҚЫТСЫЗ** с ы н . **1.** *Ерте, мезгілінен бұрын.* **2.** *Беймезгіл.* // *Уақыты шектеулі, мезгілі келмей.*

**УАҚЫТСЫЗДЫҚ** з а т . *Уақыты жоқтық, жұмысбастылық.*

**УАҚЫТТАЙ** с ы н . *Зулаған, зымыраған мерзімдей.*

**УАҚЫТТЫҚ** с ы н . *Бір мезгілдік, сәттік.* **Уақыттық айырмашылық**. э к о н . *Есепті кезеңдегі бухгалтерлік және салық салынатын табыстың арасындағы айырма.*

**УАҚЫТША** ү с т . **1.** *Белгілі бір уақытқа дейін, қысқа мерзімге.* **2.** *Әзірге, басы бүтін емес.*

**Уақытша аймақ.** и н ф . <ағыл. temporary area> *Аймақты құрған процесті орындау кезінде ғана болатын аймақ.* **Уақытша артықтық.** и н ф . <ағыл. time redundancy> *Мәселені шешуге алдын ала қарастырылған уақыт резерві.* **Уақытша жад.** и н ф . <ағыл. temparary storage> *Өңдеудің аралық нәтижелерін сақтауға резервтелетін арнайы сақтауыш құрылғы немесе жедел жадтың бөлігі.* **Уақытша жұмыс.** *Шектеулі мерзімге, көбінесе, бірнеше ай ішінде орындауға берілетін жұмыс.* **Уақытша кәріздеу.** с у ш а р . *Топырақтағы тұзды сумен шайып, оны коллекторлар арқылы сыртқа алып кету.* **Уақытша келісілген шығарындылар**. э к о л . *Өндірістің ең озық технологиясын игерген, қуаты шамалас және технологиялық процестері ұқсас кәсіпорындардың зиянды заттектерді атмосфераға шығару мөлшері.* **Уақытша конституция.** қ ұ қ ы қ . *Елдің түпкілікті конституциялық құрылымын әзірлеу қажет болатын өтпелі кезеңде қабылданатын конституция.* **Уақытша кітапхана.** и н ф . <ағыл. temporary library> *Бір тапсырманың шеңберіндегі мәліметтердің кітапханалық жинағы.* **Уақытша құрғату желісі.** с у ш а р . *Ойпаң жерлердегі артық суды тоған канал арқылы басқа жаққа ағызып құрғату немесе жерасты суының деңгейін төмендетуге арналған гидротехникалық шарала.* **Уақытша қызметкер.** *Белгілі бір мерзімге жұмысқа қабылданған адамдар.* **Уақытша мекен стансасы**. э к о л . *Тіршілік етуге айрықша қолайлы жағдайлардың болуына байланысты, белгілі бір түрдің өзі үшін ең ауыр кезеңдерде паналайтын мекені (аумақ, акватория).* **Уақытша өкімет.** т а р . *Ақпан революциясының нәтижесінде Ресейде құрылған билік органы.* **Уақытша су көзі.** с у ш а р . *Жер беті суының жетіспеушілігіне байланысты анда-санда пайдаланылатын су қоры.* **Уақытша тұрғындар.** *Тұрақты пайдаланушылардың (пәтер жалдаушының, тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшесінің, тұрғын үй иесінің және онымен бірге тұратын семья мүшелерінің) рұқсат етуімен тұрғын жайда уақытша тұрған азаматтар.* **Уақытша үкімет.** т а р . с а я с и . *1917 жылғы ақпан төңкерісінің нәтижесінде патша өкіметі құлатылып, орнына туған буржуазиялық өкімет.* **Уақытша файл.** и н ф <ағыл. temporary (work) file> *Даярлаған міндеті аяқталғаннан кейін жойылуға жататын файл.* **Уақытша ценоз [проценоз]** э к о л . <лат. pro – бұрын, грек. koinos – ортақ> *Көбінесе кездейсоқ түрлерден құралған, динамикалық сипаттамалары өте айнымалы уақытша қауымдастық (әдетте, алғашқы қауымдастық).* **Уақытша шегерім**. э к о н . *Негізінен маусымдық сипаты бар көпшілік қолды өніммен жасалатын саудада қолданылатын баға шегерімі*

**УАҚЫТЫЛЫ** ү с т . *Өз кезінде, мезгілінде.*

**УАҚЫТЫНДА** ү с т . *Кезінде, мезгілінде.*

**УАҚЫФ** з а т . д і н и . е с к і к і т . ***Уақып.***

**УАЛ** з а т . ж е р г . *Егін басатын құрал, талдан тоқып, бір бетін жебелеп жасайтын жабайы құрал.*

**УАЛАЯТ** з а т . т а р . ***Уәлаят.***

**УАЛЛАҺИ** о д . с ө й л . ***Оллаhи.***

**УАН=** е т . **1.** *Кішкентай баланың жылағанын қоя қоюы, жұбануы.* **2.** а у ы с . *Жұбану, көңілін алдарқату.* **3.** а у ы с . *Қуану, көңілі толу, көңілі көтерілу, сену.*

**УАНДЫР=** е т . *Алданыш болу, алдандыру.*

**УАНДЫРУ** *Уандыр етістігінің қимыл атауы; жылағанын қойдыру; алдандыру.*

**УАНТ=** е т . *Жұбату; алданту.*

**УАНТУ** *Уант етістігінің қимыл атауы; жұбату, алдарқату.*

**УАНУ** *Уан етістігінің қимыл атауы; жұбану, алдану.*

**УАНЫШ** з а т . е с к і к і т . *Жұбаныш, алданыш.*

**УАҢ** з а т . т а р . *Аймақ бастығы, князь.*

**УАСИҒА** з а т . *Дәреже, лауазымға қосымша берілетін ақының түрі.*

**УАСИФ** [ар] з а т . е с к і к і т . *Сипат; белгі; сапа.*

**УАСЛ: уасл һәмзә.** *Араб әліпбиінде сөз басында һәмзәсы келетін әліф.*

**УАСЫЛ:** [ар. وصال] **уасыл айлады.** *Тілек қабыл болды.* **Уасыл қылды.** *Мақсатына жеткізді, тілегін қабыл етті.*

**УАФЫҚ** [ар ] з а т . е с к і к і т . ***Опық.***

**УАТ[1]=** е т . **1.** *Баланың жылағанын қойғызу, жұбату.* **2.** а у ы с . *Алдарқату, көңілін аулау.* **3.** а у ы с . *Қамқорлық көрсету, сүйеніш болу, көмек ұсыну.*

**УАТ[2]=** е т . **1.** *Үгітілетін нәрсені, тасты ұсату, майдалау, ұнтақтау, үгіту.* **2.** *Тасты шағу, бөлшектеу.* **3.** а у ы с . *Ұшыру, сұлату, құлату.*

**УАТҚЫЗ=** е т . *Ұсақтатқызу, майдалатқызу.*

**УАТҚЫЗУ** *Уатқыз етістігінің қимыл атауы; ұсақтатқызу, майдалатқызу.*

**УАТҚЫШ** з а т . т е х н . *Тас, көмір т.с.с. ұнтақтайтын, уататын, майдалайтын техника.*

**Уатқыш балға.** к е н . *Соғатын пневматикалық қолмәшине, соғу тетіктерінен тұратын құрылғы.*

**УАТТЫР=** е т . *Майдалаттыру, ұсақтаттыру.*

**УАТТЫРУ** *Уаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**УАТУ[1]** *Уат етістігінің қимыл атауы; жұбату, көңілін аулау.*

**УАТУ[2]** *Уат етістігінің қимыл атауы; ұсақтау, майдалау.*

**Уату тақтасы**. к е н . *Балғалы ұсатқыштың бөлшегі.*

**УАТУШЫ[1]** з а т . *Жұбатушы, көңілді аулаушы.*

**УАТУШЫ[2]** з а т . *Тас, көмір т.с.с. бөлшектеуші, майдалаушы, ұсатушы.*

**УАТЫЛ[1]=** е т . *Ұсатылу, майдалану.*

**УАТЫЛ[2]=** е т . *Езілу, егілу, жылау.*

**УАТЫЛҒЫШ** с ы н . *Тез уатылатын, майдалағыш.*

**УАТЫЛҒЫШТЫҚ** з а т . *Омырылғыштық, ұсатылғыштық.*

**УАТЫЛУ** *Уатыл етістігінің қимыл атауы.*

**УАУ** о д . *Басқа біреудің зейінін өзіне қарату үшін айтылатын ишарат сөз.*

**УАХСУСАН** [ар. و خصوصا] ш ы л . е с к і к і т . ***Әсіресе.***

**УАҺ** о д . *Тебіреніп, толғанған кезде қолданылады.*

**УАҺЫМ** ар. з а т . е с к і к і т . *Уайым, шер.*

**УАФА** з а т . е с к і к і т . ***Опа.***

**УАФАЛЫ** с ы н . е с к і к і т . *Опалы, қайырлы.*

**УӘ** ш ы л . е с к і к і т . ***Және.***

**УӘҒДА** з а т . к ө н е . ***Уағда.***

**УӘДЕ** [ар. وعده] з а т . *Берілген сөз, серт, уағда.*

**Уәде байлады.** *Сөз берді, ант етті.* **Уәде байласты.** *Бір-біріне сөз, уағда берісті.* **Уәде бекітісті.** *Бірігіп келісті, мәмілеге келді.* **Уәде берді**. *Серт етті, уәделесті.* **Уәде бұзды.** *Сөзінде тұрмады, серттi, уағданы орындамады.* **Уәде бойынша.** *Келісуіміз бойынша.* **Уәдеге бекiністі.** *Өзара шешімге келді, ұйғарысты, бел байласты.* **Уәдеге берік.** *Сертінде тұрғыш, сенімді.* **Уәдеге күпті болды.** *Бос сөзге қарық болды, уәдені көп естіді.* **Уәдеде бар болу.** *Сөзінде тұру, екі сөйлемеу.* **Уәде [уағда] етті.** *Уәде берді.* **Уәде етісті.** *Уәделесті, серттесті.* **Уәде қоздады.** *Сөзінде тұрмады, сөз беруі жиіледі.* **Уәде қылды**. *Сөз берді, ант етті, уағдаласты.* **Уәдені аттады.** *Уәдені бұзды, серттi орындамады.* **Уәдені ұмытты**. *Сөзінде тұрмады, айныды.* **Уәдесін [уағдасын] бұзды.** *Берген сертінен тайды, уәдесін орындамады.* **Уәдесінде тұрды [тұрмады]**. а) *Сөзінде тұрды, уағдасын орындады.* ә) *Айтқан сөзінен таймады, айнымады.* **Уәдесінен тайды.** *Сөзінде тұрмады, уағданы бұзды.* **Уәдесін жұтты.** *Айтқан сөзін орындамады, уағданы ұмытты.* **Уәдесін орындады.** *Сөзінде тұрды, айтқанын орындады.* **Уәде ұстады.** *Айнымасқа сөз байласты, келісім-ант жасасты.*

**УӘДЕГЕЙЛІК** зат. *Уәде бергіштік, уәдеге әуестік.*

**УӘДЕЛЕС=** ет. *Сөз байласу, уағда берісу, серттесу.*

**УӘДЕЛЕСУ** *Уәделес етістігінің қимыл атауы; уағдаласу, сөз байласу.*

**УӘДЕЛІ** сын. *Уәде байласылған, уәделескен.* **Уәделі күн.** *Шарттасқан, келісілген мерзім.*

**УӘДЕМЫРЗА** сын. *Ешкімнің көңілін қалдырғысы келмей, мүмкіндігі болсын, болмасын уәде бере беретін (кісі).*

**УӘДЕНАМЕ** зат. тар. *Өзара келісімшарт, келіссөз.*

**УӘДЕСІЗ** сын. *Уәдеде тұрмайтын, бәтуәсіз.*

**УӘДЕСІЗДІК** зат. *Сөзінде тұрмаушылық, баянсыздық, бәтуасыздық.*

**УӘДЕШІЛ** сын. *Ант-су ішіп, уәде бергіш, сертшіл.*

**УӘДЕШІЛДІК** зат. *Уәдеге беріктік, сертшілдік.*

**УӘЖ** [ар.] зат. **1.** *Бәтуалы сөз, талассыз пікір, дәлелді жауап.* **2.** лингв. <франц. motif> *Тілдегі құбылыстардың себепті негізі.* **3.** әдеб. *Көркем шығарманың тақырыбына негіз болған нәрсе.*

**УӘЖДЕМЕ** зат. **1.** экон. <ағыл. motivation> *Жекелеген адамның немесе адамдар тобының ұйым мақсатына қол жеткізуге бағытталған әрекетке іштей ынталандырмаларының жиынтығы.* **2.** лингв. *Тілдік құбылыстың пайда болуының негіздемесі; сөзжасамдық, мағыналық байланыс.*

**УӘЖДЕМЕЛІК** сын. *Уәжге негізделген.*

**Уәждемелік талдау**. экон. *Маркетингілік зерттеулердің біршама жаңа, перспективалы бағыты.*

**УӘЖДЕС=** ет. *Келісу, кеңесу, пікірлесу, ақылдасу.*

**УӘЖДЕСУ** *Уәждес етістігінің қимыл атауы; келісу, кеңесу, ақылдасу.*

**УӘЖДІ** сын. **1.** *Дәлелі нық, бұлтартпайтын.* **2.** лингв. *Тіл құбылыстарының, сөзжасам процестерінің уәжі бар, негізді.*

**УӘЖТАПҚЫШ** сын. *Сөз тапқыш деген мағынада.*

**УӘЖІП** [ар. واجب] зат. **1.** діни. *Діни сенімде мойынсұнушыға парыздан кейінгі орындалуы міндетті болған діни амал, ғибадаттар.* **2.** *Міндет, борыш.*

**УӘЗИПА** [ар. وظيفة] зат. *Іс, қызмет, әрекет.*

**УӘЗИПАЛЫ** сын. *Салиқалы, пәтуалы.*

**УӘЗІН** [ар. وزن] зат. көне. **1.** *Мысқалдап өлшейтін өлшеуіш.* **2.** *Өлең өлшемі.*

**УӘЗІР** [ир. وزير] зат. көне. *Кейбір шығыс елдерінің ел билеуші ханының немесе патшасының ақылшысы, кеңесшісі; лауазым аты.*

**УӘЗІРДЕЙ** сын. *Уәзір сияқты, уәзір тәрізді.*

**УӘЗІРИЯТ** зат. окказ. ***Министрлік.***

**УӘЗІРЛІК** зат. *Уәзір міндетін атқарушылық.*

**УӘЙІМСІЗ** сын. сөйл. ***Уайымсыз*** *(уайым-қайғысы жоқ, мұңсыз).*

**УӘЙІМШІЛ** сын. сөйл. ***Уайымшыл*** *(қайғырғыш, әр нәрсені ойлай бергіш).*

**УӘКІЛ** [ар. وكيل] зат. **1.** тар. совет. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның атынан іс атқаруға өкілдік алған, сенім білдірілген адам.* **2.** ресми. *Басқа тұлғаның өкілі болып табылатын, қажет болса соның атынан әрекет етіп, дауыс. беретін заңды немесе жеке тұлға.*

**УӘКІЛДІ** сын. *Уәкілдік сенімге ие болған.*

**УӘКІЛДІК** зат. **1.** *Уәкіл болушылық.* **2.** ауыс. *Кепілдеме, куәлік.*

**УӘКІЛДІЛІК** зат. сөйл. ***Уәкілдік.***

**УӘКІЛЕТТІ** сын. *Уәкілдігі бар.*

**Уәкілетті аудитор.** экон. *Уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудиті бойынша қызметті жүзеге асырушы аудиторлық ұйым (аудитор).* **Уәкілетті банктер.** экон. а) *Банк заңнамасында көзделген шетел валютасымен операциялар жүргізуге елдің ұлттық (орталық) банкінің лицензиясы бар, валюта операцияларын, соның ішінде пайдаланушылардың тапсырмасы бойынша жүзеге асырушы банктер*; ә) *Белгілі бір банк операцияларын жүргізуге үкімет органдарының арнаулы рұқсаты бар несие-қаржы мекемелері;* б) *Халықаралық валюта-несие ұйымдарында өз елі үкіметінің мүдделерін білдіруші несие-қаржы мекемелері.* **Уәкілетті орган.** *Мемлекеттік құрылыстың түрлі салаларында мемлекеттік саясат жүргізу үшін үкімет айқындайтын орган.* **Уәкілетті өкіл.** *Инвестициялық-дилерлік фирмаға жұмыс істейтін және тиісті мемлекеттік органда тіркелгені туралы құжаты бар бағалы қағаздар.*

**УӘКІС**[1] зат. *Матаның түрі.*

**УӘКІС**[2] зат. сөйл. *Аяқкиімге жағатын май.*

**УӘЛАДЗИНА** [ар] зат. ескікіт. *Некесіз, жеңіл жүрістен туған бала.*

**УӘЛАЯТ** [ар. ولايت] зат. тар. *Шығыс елдерінде жиі кездесетін аймақтық-әкімшілік бөлік: өлке, аймақ, облыс.*

**УӘЛИ**[1] [ар. والى] зат. ескікіт. *Әулие, қасиетті адам.*

**УӘЛИ**[2] [парс.] зат. ескікіт. *Әмір, аймақ басшысы.*

**УӘЛХАСЫЛ** [ар] үст. ескікіт. *Әлқисса, бір сөзбен, қысқаша айтқанда.*

**УӘЛІ** сын. *Айтқаны келетін қасиетті, дуалы (ауыз).*

**УӘЛІЛІК** зат. жерг. *Айтқаны келушілік, аузы дуалылық.*

**УӘРСАЛӘР** зат. көне. *Баспахана.*

**УӘСУӘ** [ар. وسوسة] зат. көне. *Азғырушылық, жолдан тайдырушылық.*

**УӘСУӘЛІ** сын. көне. *Азғыратын, жолдан тайдыратын.*

**УӘСФІ** [ар. وصف] зат. көне. *Бет-пішін, келбет.*

**УӘСІЛ** [ар. وصل] зат. *Көздеген, діттеген мақсат.*

**УӘУ** *Араб әліпбиіндегі «у» әрпінің айтылуы.*

**УӘХИ** [ар. وحى] зат. діни. *Құдайдың Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарға жіберген бұйрық-жарлықтары, хабарлары.*

**УӘҺІМ** [ар] зат. ескікіт. *Қорқыныш, қатер, уайым.*

**УӘШІТ** [ар] зат. ескікіт. *Өсиет, насихат.*

**УБАЛДЫРҒАН** зат. өс. <лат. conium> *Сабағы тармақты, жапырақтары 3, кейде 4 тілімді шытырша гүлділер тұқымдасының бір түрі.*

**УБИДАЙЫҚ** зат. өс. *Астық тұқымдасына жататын көп не біржылдық шөп.*

**УБИКВИСТ** [лат. ubique] зат. биол. *Әртүрлі жағдайларда, көбінесе көптеген ландшафты белдеулерде тіршілік етуге бейім ағза (мыс., кәдімгі қарағай, кәдімгі қамыс, қасқыр, түлкі және т. б.)* .

**УВАРОВИТ** зат. геол. *Силикаттар класының гранат тобына жататын минерал.*

**УВЕРТЮРА** [франц. ouverture] зат. муз. **1.** *Опералық, балеттік шығармалардың музыкалық кіріспесі.* **2.** *Оркестр үшін жазылған бір бөлімді шығарма.*

**Увиольдік шыны.** хим. *Ультракүлгін сәулелерді өткізетін, боялған шыны.*

**УВИТЕКСТЕР** зат. хим. *Швейцарияда шығарылатын оптикалық ағартқыш заттардың саудадағы атауы.*

**УВОЛОГИЯ** [лат. uva – жүзім, logos – ілім] зат. *Жүзімнің құрылымдық құрауыштары және олардың тамақ өнеркәсібінің шикізаты ретіндегі қасиеттері туралы ғылым.*

**УГИЯ** [ар. ] зат. экон. *Мавритания ақша бірлігі.*

**УГЛЕВОД** зат. хим. сөйл. ***Көмірсу*** *(құрамында крахмал мен қант мол кездесетін қоректік зат).*

**УГЛЕВОДСЫЗ** сын. сөйл. ***Көмірсусыз.***

**УГЛЕВОДТЫ** сын. сөйл. ***Көмірсулы*** *(құрамында углевод бар).*

**УГҮЛЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Сиреп бара жатқан өсімдік.*

**УҒАМ: уғам баданы.** өс. <лат. bergenia ugamica>. *Бадан туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**УҒАРАҚ** сын. *Ащы, кермек.*

**УДАЙ** сын. **1.** *Өте ащы.* **2.** ауыс. *Өте ауыр, қиын.*

**Удай ашыды.** *Қатты дуылдады, тыз-тыз етіп ауырды.* **Удай ащы.** а) *Дәмі өте ащы (тағам).* ә) *Шыңғырған жіңішке, өте қатты (дауыс.).* **Удай қымбат.** *Бағасы өте жоғары.* **Удай мас.** *Ес-түсін білмейтін, жығыла мас.*

**УДАР-ДУДАР** сын. *Шашы дударланған, ұйпа-тұйпа.*

**УДМУРД: удмурд тілі.** *Фин-угор шоғырына жататын удмурд халқының тілі.*

**У-ДУ** зат. *Дуыл, даңғаза, у-шу.*

**У-ДУЛЫ** сын. *У-шуы мол, дүрбелең.*

**УЕЗ** зат. тар. ***Ояз.***

**УЕЗД** зат. тар. ***Ояз*** *(қазақ жерін облыстар мен аудандарға бөлуден бұрын болған губерния немесе басқа ірі аймақтарға бағынатын, болыстардан тұратын әкімшілік-территориялық бөлік).*

**УЕЗДІК** сын. *Уезге қарасты, уезге бағынатын.*

**УЗАНС** зат. экон. *Сауда ғұрыптары.*

**У-ЗӘР** зат. *Жанға жайсыз тиетін, ащы сөз.*

**УЗУКАПИЯ** зат. экон. *Мүлікті нақты иелену мерзімінің өтіп кетуі себепті меншіктену құқығын сатып алу.*

**УЗУРПАТОР** зат. экон. *Билікті заңсыз басып алған не бірдеңеге құқықты иеленіп алған адам.*

**УЗУРПАЦИЯ** зат. экон. *Билікті заңсыз басып алу, не біреудің бірдеңеге құқығын иемденіп алу.*

**УИКИПЕДИЯ** [ағыл. wikipedia] зат. жаңа. *Электронды ашық энциклопедия.*

**УИСАЛ** сын. ескікіт. *Қосылған, жұп болған.*

**УЙЕЗ** зат. ***Уезд.***

**ҮЙЖЫЛЫТҚЫШ** зат. *Үйді жылытуға арналған тоққа қосылатын жылу пештері.*

**УКАЗ** зат. тар. совет. *Өкіметтің жоғарғы органы қабылдайтын, заң жүзінде күші бар қаулы, жарлық.*

**УКЕКІРЕ** зат. өс. <лат. acroptilon> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**УКОЛ** зат. *Тері астына сұйық дәрі жіберіп емдеуге арналған құысине.*

**УКРАИН** зат. *Украинаның негізгі тұрғын халқы.*

**УКРОП** зат. өс. сөйл. <лат. anethum> ***Аскөк*** *(тамақтың дәмін келтіру үшін пайдаланылатын ұсақ жапырақты бақша өсімдігі; әшкөк).*

**УҚАЙТАРМА** зат. мед. *Удың зәрін қайтаратын, ағза уланғанда қолданылатын дәрі.*

**УҚАЛА=** ет. **1**. *Бетті, теріні қолмен уйкеу, ысқылау.* **2.** *Ауырған аяқ-қолды сипау.* **3.** *Қышыған көзді қасу.* **4**. *Бір нәрсені екі алақанның арасына салып умаждау, мыжғылау.*

**УҚАЛАҒАНСУ** *Уқалағансы етістігінің қимыл атауы; уқалағандай болу, уқалағанға ұқсату.*

**УҚАЛАҒАНСЫ=** ет. *Уқалаған тәріздену, уқалаған болу.*

**УҚАЛАҒЫШ** сын. *Уқалауға шебер.*

**УҚАЛАН=** ет. *Мыж-мыж болу, умаждалу.*

**УҚАЛАНУ** *Уқалан етістігінің қимыл атауы; мыж-мыж болу, мыжғылану.*

**УҚАЛАС=** ет. *Мыжғыласу, умаждасу.*

**УҚАЛАСТЫР=** ет. *Алақанын бір-біріне уйкеу.*

**УҚАЛАСТЫРУ** *Уқаластыр етістігінің қимыл атауы; мыжғыластыру, умаждастыру.*

**УҚАЛАСУ** *Уқалас етістігінің қимыл атауы; мыжғыласу, умаждасу.*

**УҚАЛАТ=** ет. *Ауырған жерін сипалату, мыжғылату.*

**УҚАЛАТҚЫЗ=** ет. *Сипалатқызу, мыжғылатқызу.*

**УҚАЛАТҚЫЗУ** *Уқалатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**УҚАЛАТУ** *Уқалат етістігінің қимыл атауы; сипалату, мыжғылату.*

**УҚАЛАУ** *Уқала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сипау, мыжғылау.* **2.** *Көзін қолымен қасу.*

**УҚАЛАУШЫ** зат. *Денені қолмен уйкелеп, ысқылау арқылы емдейтін массажист-маман.*

**УҚАН-СУҚАН** зат. *Өйткен-бүйткен, алдаусыратқан іс.*

**УҚОРҒАСЫН** зат. өс. <лат. aconitum> *Таулы жерде өсетін, тамырсабақты, көпжылдық улы өсімдік.*

**УҚУРАЙ** зат. өс. *Қурайдың егістікке, малға зиянды түрі.*

**УЛА=** ет. **1**. *У беру, умен зиян келтіру, өлтіру.* **2**. ауыс. *Басын айналдыру, өтірік алдау.* **3.** ауыс. *Өмірін құрту, зиянын тигізу.* **4.** ауыс. *Мазалау, маза бермеу, ес-түсінен айыру, есін алу.* **5.** ауыс. *Жағымсыз әсерін жаю.*

**УЛАҒЫШ** сын. *Уын таратқыш, улайтын қасиеті мол.*

**Улағыш газдар.** әск. *Ұрыс жағдайында қолданған кезде адамдар мен жануарларға зақым келтіретін улы (уытты) қоспалар.* **Улағыш заттарды индикациялау.** *Улағыш заттарды жергілікті жерден, объектілерден, әскери техникадан, әскери киімнен, азық-түліктен, сондай-ақ ауадан табу немесе барын анықтау, байқап білу.* **Улағыш заттар концентрациясы.** *Ауаның бірлік өлшемі көлеміндегі улағыш заттар мөлшері.* **Улағыш заттардың тұрақтылығы.** әск. *Улағыш заттардың қорғанышсыз адам күшін зақымдау әсерін біраз уақытқа дейін сақтау қабілеттілігі.*

**УЛАҒЫШТЫҚ** сын. *Улағыш заттың адамдар мен жануарларды улау әсерінің күші.*

**УЛАЙ-УЛАЙ** үст. *Іріткі сала, дау-дамай туғыза-туғыза.*

**УЛАН=** ет. **1.** *Улағыш заттың әсеріне ұшырау, зардабына шалығу.* **2.** *Спирттік ішімдіктерді көп ішіп, масаю, салыну.* **3.** ауыс. *Біреудің жаман, пасық ойымен жаман жолға түсу.* **4.** ауыс. *Ойы бұзылу, санасы қарау, шырмалу.*

**УЛАНҒЫШ** сын. *Улануға бейім, улануы тез.*

**УЛАНДЫР=** ет. **1.** *Улағыш заттың әсеріне шалдықтыру, ұшырату.* **2.** ауыс. *Есін кетіру, мазалау.*

**УЛАНДЫРҒЫШ** сын. *Уландыру қасиеті бар, уландыратын.*

**Уландырғыш заттар**. *Соғыс мақсатында қолданылатын уландырғыш химиялық қосылыстар.*

**УЛАНДЫРТ**= ет. *Улағыш заттың әсеріне ұшырату.*

**УЛАНДЫРТУ** *Уландырт етістігінің қимыл атауы.*

**УЛАНДЫРУ** *Уландыр етістігінің қимыл атауы; улағыш заттың әсеріне шалдықтыру.*

**УЛАНДЫРУШЫ** зат. *Теріс уағыз айтушы.*

**УЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Улы зат араластырылу.*

**УЛАНДЫРЫЛУ** *Уландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**УЛАНТ=** ет. *Зиянын тигізу, кесірін тигізу.*

**УЛАНУ** *Улан етістігінің қимыл атауы; улы заттың әсеріне шалдығу.*

**УЛАП-ШУЛА=** ет. *У-шу, азан-қазан болу.*

**УЛАП-ШУЛАУ** *Улап-шула етістігінің қимыл атауы; у-шу болу, азан-қазан болу.*

**УЛАС=** ет. *Өзара шуылдау, азан-қазан болысу.*

**УЛАСУ** *Улас етістігінің қимыл атауы.*

**УЛАСЫП-ШУЛАСЫП** үст. *У-шу, азан-қазан болып.*

**УЛАТ=** ет. **1.** *Ащылау, масайту, улы заттың әсеріне шалдықтыру.* **2.** *Қатты масайту, есін білдірмеу.*

**УЛАТУ** *Улат етістігінің қимыл атауы; улы заттың әсеріне шалдықтыру.*

**УЛАТЫП-ШУЛАТ=** ет. *У-шу еткізу, даңғазалау.*

**УЛАТЫП-ШУЛАТУ** *Улатып-шулат етістігінің қимыл атауы.*

**УЛАУ** *Ула етістігінің қимыл атауы; улы заттың әсеріне шалдықтыру.*

**УЛАУШЫ** зат. *Зиянын, зардабын тигізетін адам.*

**УЛЕ=** ет. *Желдің гуілдеуі; ұрлеу, соғу.*

**УЛЕТ=** ет. *Үрлеу, борату.*

**УЛЕТУ** *Улет етістігінің қимыл атауы; желдің гуілдеуі; қардың борауы.*

**УЛЕУ** *Уле етістігінің қимыл атауы; гуілдеу, борау, соғу.*

**УЛУҒЫЛА=** ет. сөйл. *Дабырау, улап-шулау.*

**УЛЫ** сын. **1.** *Уы күшті, тез уландыратын.* **2.** ауыс. *Зәрлі, зиянды, ащы.* **3.** ауыс. *Ащы шындықты бетке айтатын өткір (тіл).* **4.** *Жағымсыз, жаман, қаһарлы, мейірімсіз (көзқарас).* **5.** ауыс. *Ызалы, ашулы, долы.*

**Улы бездер**. биол. *Жануарлардың арнайы у бөлетін бездері.* **Улы газ.** *Тірі ағзалардың қызметі мен өміріне қауіпті газ.* **Улы жануарлар.** зоол. *Денесінде басқа жануарлар мен адам денсаулығына қауіпті улары (уы) болатын жануарлар.* **Улы жыландар.** зоол. *Басқа жануарларға улы әсер ететін немесе қорғанатын арнайы у өндіретін бездері бар бауырымен жорғалаушылар.* **Улы зат.** *Ағзаға зиянды улы з а т.* **Улы заттек.** хим. *Ағзаға зиянды у бөлетін химиялық заттек (мыс., пестицидтер).* **Улы қалдықтар.** экол. *Құрамында адам денсаулығына өте зиянды әсер ететін, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп туғызатын заттектері бар қалдықтар.* **Улы өсімдіктер.** өс. *Өсімдікқоректі жануарлардан қорғану үшін уыт (алкалоидтар, глюкозидтер) бөліп шығаратын өсімдіктер.* **Улы препарат.** *Химиялық улы з а т.* **Улы саңырауқұлақтар.** өс. *Жемісті денесінде улы зат (митоксин) болатын саңырауқұлақтар.* **Улы сөз [тіл]**. *Көңілге қатты тиер, жанға батар сөз.* **Улы сөз жұтты.** *Ащы сөз естіді.* **Улы тау жынысы.** геол. *Құрамында өсімдіктер мен жануарлардың өсуі мен дамуын тежейтіндей концентрацияда улы заттектер (ауыр металдар, қышқылдық және сілтілік көрсеткіштері өте күшті (сутектік көрсеткіш pH 3,5-тен төмен және 9-дан жоғары) ерітінділер және т. б.) бар тау жыныстары.* **Улы толқынды түтін.** әск. *Улы түтінді құтыны (шашқаны) желдің бағытымен жағу нәтижесінде пайда болған түтінді бұлт.* **Улы тұман.** экол. *Газ тәріздес ластағыштардың (негізінен күкіртті ангидридтің), шаң түйіршіктерінің және тұман тамшыларының қосындысы.* **Улы шоғырлану.** экол. *Әртүрлі уақыт аралықтарында әсер еткенде сынақтағы жануарлардың опат болуына апарып соғатын зиянды заттектер концентрацияларының ауқымы.*

**УЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Уы мол болушылық.* **2.** ауыс. *Өткірлік, ащылық, тілмен, сөзбен шағып алушылық.*

**УЛЫХИМИКАТТАР** зат. хим. *Шаруашылық немесе медициналық тұрғыдан жағымсыз ағзалармен күресу үшін қолданылатын химиялық заттектер.*

**УЛЫ-ШУЛЫ** сын. *У-шуы мол.*

**УЛЬТИМАТИСТ** зат. *Ультиматум қоюшы.*

**УЛЬТИМАТУМ** [лат. ultimus] зат. **1.** саяси. *Халықаралық құқықта бір мемлекеттен екіншісіне қойылатын үзілді-кесілді талап.* **2.** әск. *Соғыс жағдайында әскери әкімшілік тарапынан (әскер топтарында) қарсылас әскеріне қақтығысты тоқтату үшін нәтижесіз қарсылық жасауын тоқтатуды талап ету.*

**УЛЬТИМО** [итал. ultimo] зат. экон. *Тауар немесе қор құндылықтарымен жасалған мәміленің орындалуына арналған айдың, тоқсанның, жылдың соңғы күні.*

**УЛЬТРА** [лат. ultra] *Шектен тыс (сандық немесе сапалық белгілері бойынша), шеткі орналасуды білдіретін күрделі сөздің бөлігі.*

**УЛЬТРАБАЗИТТЕР** зат. геол. ***Гипербазиттер.***

**УЛЬТРАДЫБЫС** зат. **1.** экол. *Айналадағы ортаны қорғаудың пассив әдістері өнеркәсіп өндірісінің қалдықтарын пайдаға асыру немесе көму арқылы олардың мөлшерін шектеу жөніндегі шаралар кешені.* **2.** физ. *Адам құлағына естілмейтін жиілігі жоғары дыбыс толқыны.*

**Ультрадыбыстық толқындар.** физ. *Жиілігі жоғары, құлаққа естілмейтін дыбыс толқындары.*

**УЛЬТРАКӘРЛЕН** зат. хим. *Құрамында алюминий оксидінің мөлшері молдау болатын электротехникалық кәрлен.*

**УЛЬТРАКҮЛГІН** сын. **1.** *Аса күлгін немесе көгілдір түсті, жай көзге көрінбейтін электромагнитті (сәуле).* **2.** *Сақтауыш құрылғының қолданбалы программасын жойып жіберуге пайдаланылатын түс.*

**Ультракүлгін сәуле.** *Толқын ұзындығы 40010 нм болатын көзге көрінетін және рентген сәулелерінің арасындағы спектр аймағында жататын көзге көрінбейтін электрмагниттік сәуле.*

**УЛЬТРАМАРИН** [нем. Ultramarin] зат. хим. *Бертоллидтер класының химиялық қосылысы.*

**УЛЬТРАМАФЕЛІК: ультрамафелік таужыныстар.** геол. *Түстілік индексі 90-нан жоғары магмалық таужыныстар.*

**УЛЬТРАМЕТАМОРФИЗМ** зат. геол. *Жоғары температуралар мен қысымдардың және ұшпа заттардың әсерінен түп таужыныстар толықтай немесе жартылай балқитын, химиялық құрамбөліктер қарқынды түрде жаңаша жинақталатын процесс.*

**УЛЬТРАМИЛОНИТ** зат. геол. *Бастапқы таужыныстың бітімі мен құрылымы толық өзгерген, минерал түйірлері түгелдей уатылған милониттің түрі.*

**УЛЬТРАМИЛОНИТТІК** сын. *Ультрамилонитке тән.*

**Ультрамилониттік құрылым.** геол. *Қарқынды милониттенген таужыныстарға тән; порфиробластар болмайтын, түйіршіктердің майдалығы 0,01–0,001 мм-ге дейін жететін құрылым.*

**УЛЬТРАМИКРОСКОПИЯ** зат. хим. *Сұйықтық немесе газда таралған коллоидтық бөлшектерді санаудың және бақылаудың оптикалық әдісі.*

**УЛЬТРАМИКРОТАЛДАУ** зат. хим. *Массалары $10^{-6}$ г-нан аспайтын аз мөлшерлі үлгілерді талдау әдістерінің жиынтығы.*

**УЛЬТРАМИКРОТАРАЗЫЛАР** зат. *Массасы 2 мг-нан аз үлгілерді өлшеуге арналған таразылар.*

**УЛЬТРАНЕГІЗДІ: ультранегізді таужыныстар.** геол. *Кремний қышқылы аз ($SiO_2 < 45°$) және марганецпен молыққан атқылама таужыныстар (ультрабазиттер, гипербазиттер).*

**УЛЬТРАСҮЗГІЛЕР** зат. хим. *Коллодия тәрізді жасанды қабыршақтан жасалған, тесіктері өте тар сүзгі.*

**УЛЬТРАСҮЗУ** зат. *Бөлінетін қоспа бөлшектерінің тиімді мөлшерінің айырмашылықтарына негізделген қысым әсерімен жарғақтық бөлу.*

**УЛЬТРАҮЛКЕН: ультраүлкен астасу.** инф. <ағыл. ultra large scale integration> *Элементтері барынша тығыз орналасқан микросхема.*

**УЛЬТРАФАРФОР** зат. хим. ***Ультракәрлен.***

**УМАЖДА=** ет. **1.** *Уысқа салып қысу, мыжмыжын шығару.* **2.** ауыс. *Басу, жаншу, астына салып илеу.*

**УМАЖДАС=** ет. *Ұмар-жұмар болысу, алысу.*

**УМАЖДАЛ=** ет. *Мыж-мыж болу, қыртыстану, бүктелу.*

**УМАЖДАЛУ** *Умаждал етістігінің қимыл атауы; мыж-мыж болу, мыжылу, қыртыстану.*

**УМАЖДАН=** ет. *Топ-топ болып, шоғырлану.*

**УМАЖДАНУ** *Умаждан етістігінің қимыл атауы; мыж-мыж болу, қыртыстану.*

**УМАЖДАСУ** *Умаждас етістігінің қимыл атауы; ұмар-жұмар болысу, алысу, айқасу.*

**УМАЖДАТ=** ет. *Мыжғылату, жаншыту, уқалату.*

**УМАЖДАТУ** *Умаждат етістігінің қимыл атауы.*

**УМАЖДАУ** *Умажда етістігінің қимыл атауы; мыжғылау, бүктеу.*

**УМА-ЖУМА** үст. *Опыр-топыр, астан-кестен.*

**УМАҚ-ШУМАҚ** үст. *Топ-топ болып, шоғырланып.*

**УМАЛАУ** *Умала етістігінің қимыл атауы; уқалау, мыжғылау.*

**УМАН-ДУМАН** үст. *Шат-шадыман, мәзмейрам.*

**УМАР-ЖУМАР** үст. ***Ұмар-жұмар*** *(бірінің үстіне бірі шыққан, опыр-топыр).*

**УМАШ: умаш көже.** этн. тамақ. *Ұнды елеп, оған аздап су немесе сүт құйып қайнатып, пісіретін ас.*

**УМАШТА=** ет. сөйл. ***Умажда.***

**УМРА: умра қажылық.** діни. ***Кіші қажылық*** *(жылдың кез келген уақытында орындалатын қажылық).*

**УМБРА** [лат. umbra] зат. хим. *Ашық және күңгірт қоңыр түсті табиғи темір оксидті пигмент.*

**УНАРЛЫҚ: унарлық қатынас.** инф. <ағыл. unary relation> *Атрибуттарының саны 1-ге тең мәліметтердің жазба құжаттық моделінің қатынасы.*

**УНИВАЛЕНТ** [лат. unus – біреу, valens – күшті] зат. биол. *Мейоздық бірінші бөліну кезіндегі қосылмайтын, жекелеген хромосомалар.*

**УНИВЕРМАГ** зат. ***Әмбебап дүкен*** *(әр алуан өнеркәсіп тауарларын сататын дүкен).*

**УНИВЕРСАЛ** [лат. universalis] сын. ***Әмбебап*** *(әр нәрсеге лайық, жан-жақты).*

**УНИВЕРСАЛДЫ** сын. **1.** ***Әмбебап.*** **2.** *Әртүрлі мақсаттарға лайықталған.*

**УНИВЕРСАЛДЫҚ** зат. *Универсал болушылық, әмбебаптық.*

**УНИВЕРСИАДА** зат. *Университет студенттерінің спорттық жарысы.*

**УНИВЕРСИТЕТ** [нем. Universität] зат. *Әртүрлі ғылымдар саласынан кең көлемде жоғары білімді мамандар даярлайтын көп профильді жоғары оқу орны.*

**УНИВЕРСИТЕТТІК** сын. *Университетке тән, университетке қатысты.*

**УНИОНИЗМ** зат. *Біреуге қосылуға ұмтылушылық.*

**УНИТАЗ** зат. *Дәретхананың ішіндегі дәрет сындыратын астауша.*

**УНИТАРИЗМ** [франц. unitarisme] зат. *Біртұтастық, әкімшілік-аумақтық бірліктері бір орталықтан басқарылатын, дербес мемлекеттік құрылымдар болмайтын мемлекеттік құрылыс.*

**УНИТАРЛЫ** сын. саяси. *Орталықтандырылған басқаруға негізделген.*

**УНИТАРЛЫҚ: унитарлық кәсіпорын.** экон. *Өзіне бекітілген мүлікті меншіктенуге құқығы жоқ коммерциялық ұйым.*

**УНТЕР-ОФИЦЕР** [нем. Unteroffizier] зат. әск. *Патша армиясындағы және кейбір басқа да армиялардағы кіші командалық құрамға кіретін әскери қызметкер.*

**УНЦ** [лат. uncia] зат. мед. *Дәріхана безбенінің 29,8 грамға тең салмақ өлшемі.*

**УПАНИШАДТАР** зат. *Ведалар; үнді әдебиетінің ең көне (2 ғ. соңы - б.з.д. 1 ғ. басындағы мыңжылдықтар) діни және философиялық мұралары.*

**УПРАВА** зат. көне. ***Әкімшілік.***

**УРА** од. *Солдатты шабуылға бастағанда немесе бір нәрсені қолдап қуаттағанда көтеріңкі рухпен айтылатын сөз.*

**УРАЛА=** ет. сөйл. *Ура, ура деп дауыстау.*

**УРАЛАУ** *Урала етістігінің қимыл атауы; ура, ура деп айқайлау.*

**УРАЛКИД** зат. хим. *Фтальді ангидридтің біраз бөлігі диизоцианатқа алмастырылған, түрлендірілген алкидті шайыр.*

**УРАН**[1] [грек. uranos] зат. хим. *Радиоактивті қасиеттері бар ақ түсті қымбат металл.*

**Уран қорытпалары.** кен. *Уран негізіндегі, молибден, цирконий, алюминий, ниобий, хром, темір, кремний қосылған қорытпалар.*

**УРАН**[2] зат. астр. *Күн жүйесіндегі көлемі үлкен жетінші ғаламшар.*

**УРАНАТТАР** [нем. Uranat] зат. хим. *Уран қышқылының H2UO4 тұздары.*

**УРАНИНИТ** зат. хим. *Оксидтер класына жататын минерал.*

**УРАПОДАЛАР** зат. анат. *Шаянтектестер денесінің артқы жағындағы, жүзгіш тақташаларға айналған, түрі өзгерген аяқтары.*

**УРАЦИЛ** зат. биол. *Пиримидинді негіздер.*

**УРБАЖҮЙЕ** зат. экол. **1.** *Сәулет-құрылыс объектілерінен және қатты бүлінген табиғи экожүйелерден тұратын табиғи-антропогендік орнықсыз жүйе.* **2.** *Қаланың өзара байланысты әлеуметтік-экологиялық сипаттамаларының жиынтығы.*

**УРБАКЕШЕН** зат. *Аумақты кешендердің салыну барысы мен инфрақұрылымның қалыптасуын сипаттау үшін қолданылатын термин.*

**УРБАНИЗАЦИЯ** [лат. urbanus] зат. ***Абаттандыру*** *(өнеркәсіп кәсіпорындарының және тұрғын халықтың ірі қалаларға шоғырлануы, яғни ел немесе аудан экономикасында қала рөлінің артуы).*

**УРБАНИЗМ** [лат. urbanus] зат. *20-шы жылдардың сәулет өнері мен құрылысындағы бағыт; ірілендіру, шоғырландыру, қалаландыру.*

**УРБАЭКОЛОГИЯ** [лат. urbanus] зат. экол. *Кенттелген ортадағы адам, табиғат аясындағы елді мекендер, адам мен қоршаған орта арасындағы оң және кері байланыстардың сан алуан көріністері болып табылатын білім саласы.*

**УРҒА** зат. көне. *Орда.*

**УРДУ** зат. *Пәкістан халқының мемлекеттік тілі.*

**УРЕМИЯ** зат. мед. *Бүйрек қызметінің бұзылуы салдарынан малдың өз несебімен улануы.*

**УРЕТАНДАР** зат. хим. *Күрделі эфирлер класындағы химиялық қосылыстар тобы.*

**УРИДИН** зат. *Барлық тірі ағзалардағы РНҚ-да болатын нуклеозид.*

**УРНА** [лат. urna] зат. **1.** *Әртүрлі қиқымдарды, қоқыстарды салу үшін көшелерге, қоғамдық орындарға қойылатын ағаштан не металдан жасалған шелекше ыдыс; қоқысшелек.* **2.** *Сайлау бюллетеньдерін салуға арналған үстінде жіңішке тілігі бар жәшік.*

**УРОБАКТЕРИЯЛАР** [грек. uron – зәр, bakteria – таяқша] зат. биол. *Зәрдің құрамындағы мочевинаны уреаза ферменті арқылы ыдырататын бактериялар.*

**УРОЛОГ** зат. мед. *Урология маманы.*

**УРОЛОГИЯ** [грек. uron – зәр, logos – ілім] зат. мед. *Зәр шығаратын органдардың ауруларын зерттеп, оны емдейтін медицина саласы.*

**УРОЛОГИЯЛЫҚ** зат. *Урологияға тән, урологияға қатысты.*

**УРОТРОПИН** зат. *Спирт пен суда ерігіш, ақ ұнтақ зат, аммиак пен формальдегидтің қосындысы.*

**УРЯДНИК** зат. тар. *Патшалық Россия кезіндегі уездік полицияның төменгі шендерінің үлкені.*

**УСАРҒАЛДАҚ** зат. өс. <лат. ranunculus sceleratus> *Сызды, батпақты жерлерде, шалғындарда, жартылай су астында да, далалы, таулы аймақтарда тау беткейінің 1800 метрге дейінгі деңгейінде өсетін өсімдік.*

**УСИҚЫ** сын. *У жегендей.*

**УСОЙҚЫ** зат. өс. **1.** *Қасқыржидек, биіктігі 40–80 сантиметр, жапырақтары қалың түкті, хош иісті ақ гүлі бар улы өсімдік.* **2.** ауыс. *Ащы, қыршаңқы тіл.*

**УСОЙҚЫДАЙ** сын. *Ащы, өткір, аяусыз.*

**УСОЙҚЫЛЫҚ** зат. *Ащы, қыршаңқы тілділік.*

**УСУЛ** [ар. اصول ] зат. тар. *XX ғ. басындағы ескі араб (қадим) жазу жүйесіне ендірілген «жаңа бағыттағы оқыту» жүйесі.*

**Усул жадид.** тар. *Мектепте барлық пәндерді оқытатын, жазуда барлық әріптерді таңбалайтын қадим жазу жүйесіне енгізілген өзгеріс, жаңа жүйе.*

**УСУН** зат. ескікіт. ***Үйсін.***

**УСТАВ** зат. ресми. ***Жарғы*** *(ұйымдардың, мекемелердің міндеттері мен қызметін белгілейтін сөзсіз орындалуды қажет ететін ережелер жиынтығы, қағида).*

**УСТАВТЫҚ** сын. *Уставтың талабына сай.*

**УСЫЗ** сын. **1.** *Уы жоқ, уы болмайтын.* **2.** ауыс. *Зілсіз, ашу-ызасыз.*

**УТАМЫР** зат. өс. <лат. cicuta> *Шатыршагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер туысы.*

**УТАС** зат. *Үйді ақтауға арналған ақ түсті минералды зат, әк.*

**УТИЛИЗАЦИЯ** [лат. utilis] зат. *Қалдықтарды пайдаға асыру.*

**УТИЛИТАРИЗМ** [лат. utilitas] зат. қоғ. әлеум. *Адамның қандай да бір мүдделерінің қанағаттандырылуы деп түсінілетін пайда адамгершілік тұрғыдан бағамдаудың негізгі критерийі, ал табысқа жету адам бақытының негізі болып табылады дейтін көзқарастар жүйесі, өмір салты.*

**УТИЛИТТЕР** [ағыл. utility program] зат. инф. *Операциялық жүйенің мүмкіндіктерін кеңейтетін қосалқы бағдарламалар.*

**УТОҒЫТПАЛАУ** [ағыл. dump] зат. экол. *Әлемдік мұхитқа және теңіздерге өндіріс қалдықтарын, улы, радиоактивтік заттектерді төгу немесе батыру.*

**УТОПИЗМ** зат. филос. *Іске аспайтын, болуы екіталай, бос қиял.*

**УТОПИСТ** зат. *Утопизмді қолдаушы.*

**УТОПИЯ** [грек. u – жоқ, topos – орын] зат. филос. *Мінсіз қоғам жайлы адамның ой-қиялымен құрылған, әлеуметтік идеал ойша жүзеге асырылатын қоғам.*

**УТОПИЯЛЫҚ** зат. *Бос қиялшылдық, болмайтынды аңсаушылық.*

**Утопиялық социализм.** қоғ.-саяси. *Капитализмді сынағанымен, қоғамның даму заңдарын, пролетариат пен оның партиясының жетекші революциялық рөлін ашып бере алмаған социалистік ілім.*

**УҺ** од. *Толқыған, тебіренген, қиналған көңілкүйді білдіреді.*

**Уһ деді.** *Есін жиып, демін алды.*

**УҺІЛЕ=** ет. *Қайта-қайта уһілеу, күрсіну, іштей қайғыру.*

**УҺІЛЕС=** ет. *Күрсінісу, қайғырысу.*

**УЧАСКЕ** зат. сөйл. ***Участок.***

**УЧАСКЕЛІК** зат. *Учаскеге тән, учаскеге қатысты.*

**УЧАСТОК** з а т. **1.** ***Телім*** *(жердің үй салуға, егін егуге т.с.с. арналған белгілі бір бөлігі).* **2.** *Әкімшілік-аймақтық бөлік.*

**УЧАСТОКТІК** с ы н. *Участокке қатысты, соған тән.*

**УЧЕТЧИК** з а т. *Бригада жұмыстарының есеп-қисабын жүргізетін есепші.*

**УЧЕТЧИКТІК** з а т. *Учетчик болушылық.*

**УЧИЛИЩЕ** з а т. т а р. *Белгілі бір мамандық беретін орта және арнаулы оқу орны.*

**У-ШУ**[1] з а т. *Айқай-ұйқай, шуыл.*

**У-ШУ**[2] з а т. с п о р т. *Тұлғаны өзін-өзі кемелдендірудегі философиялық, этикалық және психофизикалық аспектілерді негізіне салатын дәстүрлі қытай әскери өнерінің кешені.*

**УШУИСТ** з а т. с п о р т. *У-шумен шұғылданатын спортшы.*

**У-ШУЛЫ** с ы н. *У-шуы мол, айқай-ұйқайлы, мазасыз.*

**У-ШУСЫЗ** с ы н. *У-шуы, айқай-ұйқайы жоқ, тыныш.*

**УШЫҒУ** *Ушық етістігінің қимыл атауы.*

**УШЫҚ=** е т. **1.** *Жарақаттың асқынып кетуі.* **2.** а у ы с. *Араздықтың, өкпе-реніштің үдей түсуі, өршуі.*

**УШЫҚТЫР=** е т. **1.** *Сырқаттың асқынуы, үдей түсуі.* **2.** а у ы с. *Қарым-қатынастағы шиеленісті өршіту.*

**УШЫҚТЫРУ** *Ушықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**УШЫҚТЫРУШЫ** з а т. *Дау-жанжалды өрбітуші, асқындырушы.*

**УШЫРМАУЫҚ** з а т. ө с. <лат. atragene> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын бұта.*

**УЫЗ** з а т. этн. **1.** *Жас төлдеген малдың, жас босанған әйелдің алғашқы 2–3 күнгі құрамында минералдар мен дәрумендері көп қою сүті.* **2.** *Жаңа төлдеген малдың төлі емгеннен кейінгі алғашқы сүтінен пісірілген тағам, өте дәмді ақірімшік.* **3.** *Жұмыртқаның ағы мен сарысы. // Жас, балғын, уяң.*

**Уыз байлану.** в е т. *Ауа-райы қолайсыз жұт жылдары төлде көп ұшырасатын ауру.* **Уыз ет.** *Жаңа сойылған жас малдың пісірілген еті.* **Уыз қатыру.** *Жаңа төлдеген малдың уызына сүт қосып пісіру, әзірлеу.* **Уыз қуырдақ**. т а м а қ. этн. *Уыз қосылған қуырдақ.* **Уыз қымыз**. этн. а) *Жазғытұрым кездегі алғашқы қымыз.* ә) *Бие құлындағаннан кейін алғашқы күндері сауылған сүтінен жасалған қымыз.* **Уыз сәби.** о к к а з. *Өте жас, әлі жас.* **Уыз сүті.** ***Уыз***. **Уыз таң.** п о э т. *Жаңадан атып келе жатқан арайлы таң.* **Уыз төгілген.** *Асып-тасыған, шылқыған (бай).* **Уызы арылмаған**. *Дәулеті шайқалмаған, бақ-дәулеті таймаған.* **Уызы жарыған [жарымаған].** *Жастайынан байлықта, баршылықта өмір сүрген, таршылық көрмеген.* **Уызын ағыздыру.** м а л ш а р. *Мал пішудегі зауық безін жою тәсілі.* **Уыз ірімшік.** *Уыз сүттен жасалған ірімшік.*

**УЫЗДАЙ** с ы н. **1.** *Уылжыған, балғын, жас (қыз, келіншек).* **2.** *Жас, гүлдеген (гүл, ағаш).*

**Уыздай [уылжыған] жас.** *Жап-жас, балауса жас.* **Уыздай уылжыған.** *Нұрланған, әдеміленген.* **Уыздай ұйыды**. *Береке-бірлігі бұзылмады, ынтымағы жарасты.*

**УЫЗДАН=** е т. **1.** *Уызға айналу, қоймалжыңдану.* **2.** *Сүттену.* **3.** а у ы с. *Ауыздану, нәр алу.*

**УЫЗДАНУ** *Уыздан етістігінің қимыл атауы; уызға айналу, қоймалжыңдану.*

**УЫЗДАУ**[1] *Уызда етістігінің қимыл атауы; уыз араластыру.*

**УЫЗДАУ**[2] с ы н. *Әлі қатая қоймаған, жастау.*

**УЫЗДЫ** с ы н. **1.** *Уызы бар.* **2.** *Сүті қою, маңызды.*

**УЫЗДЫҚ**[1] з а т. *Уызға тоюшылық.*

**УЫЗДЫҚ**[2] з а т. ө с. *Мал жейтін шөп.*

**УЫЗҚАҒАНАҚ** з а т. э т н. *Қойдың уыз сүтін бүйенге құйып, аузын буып, бумен пісіретін тағам.*

**УЫЗ-ҰЙҚЫ** з а т. *Рақат, тәтті ұйқы.*

**УЫҚ** з а т. э т н. *Кереге мен шаңырақтың арасын қосып тұратын бір басы түзу, екінші басы иілген жіңішке сырық, киіз үйдің негізгі бөлшектерінің бірі.*

**Уық бойлады**. *Уық бойымен қозғалды.* **Уық қаламдады**. *Уықтың келесі ұшын «төрт бұрыштап» сүйірледі.* **Уықты қарындау.** э т н. *Киіз үйдің уығын бауырлап жону.* **Уықтың қары.** э т н. *Уықтың иілген жері.* **Уықтың қыдыруы**. *Уықтың шаңырақтың көзіне сәйкеспей айналып кете беруі.* **Уық шаншыды**. *Бір жерге шаңырақ көтеріп үй тікті, орын тепті.*

**УЫҚБАУ** з а т. этн. *Уықтың имек басын керегеге бекітіп байлайтын бау, жіп.*

**УЫҚҚАП** з а т. этн. *Көшкенде сынбас үшін уықтардың екі басына кигізілетін қап.*

**УЫҚСЫЗ** с ы н. *Уығы жоқ, уық шаншылмаған.*

**УЫҚТА=** е т. *Уықты шаңыраққа шаншу.*

**УЫҚТАЙ** с ы н. *Жіп-жіңішке, арық, имиген.*

**УЫҚТАУ** *Уықта етістігінің қимыл атауы; уықты шаңыраққа шаншу.*

**УЫҚТЫҚ** с ы н. *Уыққа жарайтын, уық жасауға болатын (ағаш).*

**УЫҚША** з а т. *Уық тәрізді кішігірім, қысқа сырық.*

**УЫЛ=** е т. *Тәттіні, не басқа жағымсыз нәрсе жегеннен ауыздың кілегей қабықтарының жарылып ашып ауруы; қылдіреу.*

**УЫЛДАП-ШУЫЛДАП** ү с т. *Улап-шулап, дабырлап.*

**УЫЛДЫРЫҚ** з а т. **1.** б и о л. *Моллюскалар, тікентерілілер, сүйекті балықтар, қосмекенділер және т.б. жануарлардың жыныс бездерінен бөлінетін түйіршекті ұрықтар.* **2.** т а м а қ. *Арнаулы өңдеуден өткізілген тағам түрі, осы уылдырықтан жасалған құнарлы тамақ.*

**Уылдырық нан.** т а м а қ. *Торта, тыран сияқты ұсақ балықтардың майда уылдырығына ұн, тұз қосып араластырып, табаға көміліп дайындалатын балық тағамы.* **Уылдырық шашты.** *Балық уылдырықтады, ұрық шашты.*

**УЫЛДЫРЫҚТА=** е т. *Уылдырық шашу, ұрық шашу.*

**УЫЛДЫРЫҚТАУ** *Уылдырықта етістігінің қимыл атауы.*

**УЫЛДЫРЫҚШЫ** з а т. б а л ы қ ш а р. *Балықтардың уылдырықтарын сорттап өңдейтін маман.*

**УЫЛЖУ** *Уылжы етістігінің қимыл атауы; сымбаттанып, өңі бал-бұл жану, құлпыру.*

**УЫЛЖЫ=** е т. **1.** *Жидек-жемістің толысып пісуі; езілу.* **2.** *Еттің жұмсақ болып бабымен пісуі; былбырау.* **3.** а у ы с. *Жаңа өсіп келе жатқан жастың сымбаттанып, өңі бал-бұл жануы, көз тартып құлпыруы.*

**УЫЛЖЫТ=** е т. *Албырату, балбырату.*

**УЫЛЖЫТУ** *Уылжыт етістігінің қимыл атауы.*

**УЫЛТ=** е т. *Ауызды ашыту, ойып жіберу.*

**УЫЛТУ** *Уылт етістігінің қимыл атауы.*

**УЫЛУ** *Уыл етістігінің қимыл атауы.*

**УЫС** з а т. **1.** *Қолдың саусақтарын жұмдастыра бүккенде шұңырайған алақан аясының іші, алақанның іші, шеңгел.* **2.** а у ы с. *Қамау, қоршау.*

**Уысқа түспеді.** *Қолы жете алмады, өкінді.* **Уысқа түсті.** *Қолға түсті, ұсталды.* **Уысына алды.** *Еркін билеп, өзіне баурап алды, еркіне жібермей, қатал ұстады.* **Уысынан босатпады [шығармады].** а) *Еркіне жібермеді, алысқа жібермеді.* ә) *Қатал ұстады, тықсырды, ырық бермеді.* б) *Ешкімге бермей, өзіне қалдырды.* **Уысынан кетпеді [кеткен жоқ].** *Билігінен, өкімінен, қарауынан шықпады.* **Уысынан шықпады.** *Қолында болды, айырылмады.* **Уысынан шықты [шығып кетті].** *Қолынан, билігінен кетті, айтқанына көнбеді.* **Уысына түсті.** *Қолы жетті, қолына түсірді, бұйырды.* **Уысында сығылды.** *Билігінде, өкімінде, қарауында қорлық көрді.* **Уысында тұрды.** а) *Қолында болды, тиесілі болды.* ә) *Қарамағында болды, тәуелді болды.* **Уысында ұстады.** *Еркіне жібермей, қатал ұстады.*

**УЫСТА=** е т. *Уысына толтыру, уысын толтыра ұстау.*

**УЫСТАЙ** с ы н. *Уыс мөлшеріндей, уыс көлеінде.*

**УЫСТАТ=** е т. *Алақанға салу, қолына ұстату.*

**УЫСТАТУ** *Уыстат етістігінің қимыл атауы.*

**УЫСТАУ** *Уыста етістігінің қимыл атауы; қолында молынан ұстау.*

**УЫС-УЫС** с ы н. *Бірнеше уыс; көп, мол.*

**УЫТ** з а т. **1.** *Ағзаға дарыған удың зардабы, күші.* **2.** б и о л. <грек. toxikon> *Жыландардың, өрмекшілер мен буылтық денелілердің уының құрамына кіретін, өсімдіктер мен жануарлардың физиологиялық функцияларын тежей алатын немесе олардың опат болуына апарып соғатын ақуыз және полипептид тектес заттектер.* **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің, құбылыстың басқаға тигізер әсері, ықпалы.*

**Уыт қайтарғыштар**. х и м. *Ағза уланғанда пайдаланылатын шипалы заттар.* **Уытын басты [қайырды].** *Бір нәрсенің уын, зәрін жойды, ықпалын азайтты.* **Уытын жайды [шашты].** *Жанға батты, зардабын тигізді.*

**УЫТҚҰМАРЛЫҚ** з а т. *Уытқа құмар болушылық, уытты ұнатушылық.*

**УЫТСЫЗ** с ы н. **1.** *Уыты, зардабы жоқ, залалсыз.* **2.** а у ы с. *Ықпалы, әсері жоқ.*

**УЫТСЫЗДАНДЫР=** е т. *Уытын жаю. залалсыздандыру.*

**УЫТСЫЗДАНДЫРУ** *Уытсызаднդыр етістігінің қимыл атауы; уытын жою, залалсыздандыру.*

**УЫТТА=** е т. **1.** *Уқосылу, зәр жайылу.* **2.** ж е р г. *Ашыту, ащылау, күшейту (насыбай туралы).* **3.** а у ы с. *Күш, қуат беру.* **4.** а у ы с. *Бабын табу,ретін табу.*

**УЫТТАҒЫШ** с ы н. *Уыт бергіш, уыттайтын.*

**УЫТТАЛ=** е т. *Бойға сіңу, дару.*

**УЫТТАЛУ** *Уыттал етістігінің қимыл атауы.*

**УЫТТАН=** е т. **1.** *Асқыну, дендеу.* **2.** а у ы с. *Қайраттану, рухтану, күш алу.*

**УЫТТАНДЫР=** е т. **1.** *Бойға сіңіру, дарыту.* **2.** а у ы с. *Рухтандыру, күш беру.*

**УЫТТАНДЫРУ** *Уыттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**УЫТТАНУ** *Уыттан етістігінің қимыл атауы.*

**УЫТТАУ** *Уытта етістігінің қимыл атауы; қосу, ашыту.*

**УЫТТЫ** с ы н. **1.** *Улы, зәрлі қасиеті бар.* **2.** а у ы с. *Әсерлі, қуатты, күшті.*

**Уытты қалдықтар.** б и о л. *Адамның немесе басқа тіршілік иелерінің ағзасына әртүрлі зақым келтіретін қалдықтар.* **Уытты тау жыныстары.** б и о л. *Өсімдіктер мен жануарлардың өсуі мен дамуын тежейтіндей, адамның денсаулығына әсер ететіндей шамада уытты заттектер бар таужыныстар.*

**УЫТТЫЛАУ** с ы н. **1.** *Улылау, зәрлілеу.* **2.** а у ы с. *Сұстылау, өткірлеу.*

**УЫТТЫЛЫҚ** з а т. **1.** х и м. *Улағыш заттың адамдар мен жануарларға зақымдау әсерінің күші.* **2.** а у ы с. *Өжеттік, қайраттылық, сұсты болушылық.*

**Уыттылық мөлшер.** х и м. *Улағыш заттардың және басқа уытты қоспалардың зақымдаушы әрекетінің сан мөлшерлік сипаттамасы.*

**УЫТТЫРАҚ** с ы н. **1.** *Уландыру қаупі молдау.* **2.** а у ы с. *Әсері молдау, күштірек.*

**УЫШТЫ** с ы н. ж е р г. *Ұтымды, ұтқыр, шешен.*

**УІЛ** з а т. **1.** *Желдің, самалдың ақырын дыбыс шығарып соғуы.* **2.** *Кішкентай сәбидің тілі шыққанға дейінгі шығаратын дыбысы.*

**УІЛДЕ=** е т. **1.** *У-у еткен дыбыс шығару, азынау.* **2.** *У-у етіп жел соғу.* **3.** *Сәбидің уіл шығаруы.*

**УІЛДЕК** з а т. м у з. э т н. *Үрлемелі халықтық музыкалық аспап.*

**УІЛДЕТ=** е т. **1.** *Азыната жел соқтыру.* **2.** а у ы с. *Гуілдетіп күй тарту.*

**УІЛДЕТУ** *Уілдет етістігінің қимыл атауы.*

**УІЛДЕУ** *Уілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Гүлеп жел соғу.* **2.** *Былдырлау, уіл шығару.*

**УІЛДІРІК** з а т. **1.** *Қамыс сияқты өсімдіктердің басындағы ұлпасы, майда шашағы.* **2.** э т н. *Қазының ең майлы, жұмсақ жері.*

**УІЛДІРІК** ж е р г. *Ыдыс-аяқ қоятын жер, орын.*

# Ұ

**Ұ** з а т. **1.** *Қазақ алфавитінің 27 әрпі және сол әріптің жазылу (графикалық) таңбасы.* **2.** л и н г в. *Ауыздың келте ашылып, еріннің сүйірленуі арқылы жасалатын қысаң, жуан дауыс.ты дыбыс: фонема.*

**ҰБАҚ-ШҰБАҚ** ү с т. *Іркес-тіркес, шұбатылған, шұбырған.*

**ҰБАП-ШҰБАП** ү с т. *Бірінен кейін бірі шұбырып, шұбатылып.*

**ҰБАР** з а т. ж е р г. *Үлкендігі кептердей үкі сияқты құс.*

**ҰБЫРЫП-ШҰБЫРЫП** ү с т. *Ұбап-шұбап, шұбатылып.*

**ҰҒЛАН** з а т. е с к і к і т. ***Ұлан.***

**ҰҒЛЫ** з а т. е с к і к і т. ***Ұлы.***

**ҰҒЛЫҒ** с ы н. е с к і к і т. ***Ұлық.***

**ҰҒУ** *Ұқ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түсіну, түйсіну.* **2.** п с и х о л. *Адамның білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру арқылы дүниені тануы.*

**ҰҒУШЫ** з а т. *Түсінуші, пайымдаушы, ойға тоқушы.*

**ҰҒУШЫЛЫҚ** з а т. *Түсінушілік, пайымдаушылық.*

**ҰҒЫЛ**[1] з а т. е с к і к і т. ***Ұл.***

**ҰҒЫЛ**[2]**=** е т. **1.** *Түсінікті, ұғынықты болу.* **2.** *Танылу, біліну.*

**ҰҒЫЛУ** *Ұғыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫМ** з а т. **1.** *Түсінік, мағлұмат, пайым.* **2.** *Мән, мағына, маңыз.* **3.** ф и л о с. *Заттар мен құбылыстардың мәнін байланыстарын олардың қарама-қайшылығы мен даму процесін бейнелейтін ой жүйесі; белгілі бір тұтастықтағы заттардың ішкі байланысын, оларға тән ортақ ерекшеліктерді көрсететін теориялық танымның формасы.*

**Ұғым жасау.** ж е р г. *Ұғыну, қорытынды шығару.*

**ҰҒЫМДЫ** с ы н. **1.** *Түсінікті, көкейге қонымды.* **2.** *Ұғымтал, зерек.*

**ҰҒЫМДЫҚ** с ы н. *Ұғымға қатысты, ұғымға тән.*

**Ұғымдық категориялар.** л и н г в. *Табиғи тілде әртүрлі жолмен білінетін сөздердің үлкен топтарына тән мағыналық категориялар.*

**ҰҒЫМДЫЛЫҚ** з а т. *Ұғымталдық, зерделілік.*

**ҰҒЫМДЫЛАУ** с ы н. *Түсініктілеу, көкейге қонымдылау.*

**ҰҒЫМДЫРАҚ** с ы н. *Ұғымдылау, түсініктілеу.*

**ҰҒЫМПАЗ** с ы н. *Ұғымтал, алғыр, зерек.*

**ҰҒЫМПАЗДЫҚ** з а т. *Ұғымталдық, алғырлық, зеректік.*

**ҰҒЫМСЫЗ** с ы н. **1.** *Ұғынықсыз, түсініксіз.* **2.** а у ы с. *Зейінсіз, ықылассыз.*

**ҰҒЫМСЫЗДАУ** с ы н. *Түсініксіздеу, ұғынықсыздау.*

**ҰҒЫМСЫЗДЫҚ** з а т. *Түсінігі жоқтық, топастық.*

**ҰҒЫМТАЛ** с ы н. *Ұғымпаз, ұққыш, зерек. // Ұққыш зерек адам.*

**ҰҒЫМТАЛДАУ** с ы н. *Зеректеу, алғырлау.*

**ҰҒЫМТАЛДЫҚ** з а т. *Ұғымпаздық, зеректік, алғырлық.*

**ҰҒЫН=** е т. *Түсіну, пайымдау.*

**ҰҒЫНҒЫШ** с ы н. *Түсінгіш, ұғымтал.*

**ҰҒЫНДА=** е т. *Ұғыну, байыбына бару.*

**ҰҒЫНДЫР=** е т. *Түсіндіру, көз жеткізу.*

**Ақыл ұғындырды** *Ақыл айтты, түсіндірді.*

**ҰҒЫНДЫРУ** *Ұғындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНДЫРЫЛ=** е т. *Түсіндірілу, баяндалу.*

**ҰҒЫНДЫРЫЛУ** *Ұғындырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНТ=** е т. *Ұғындыру, түсіндіру, көзін жеткізу.*

**ҰҒЫНТУ** *Ұғынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНУ** *Ұғын етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНЫҚСЫЗ** с ы н. *Түсініксіз, ұғымды емес.*

**ҰҒЫНЫҚТЫ** с ы н. *Түсінікті, ұғымды, ақылға қонымды.*

**ҰҒЫНЫҚТЫЛЫҚ** з а т. *Түсініктілік, ұғымдылық.*

**ҰҒЫНЫЛ=** е т. *Түсінілу, айқындалу.*

**ҰҒЫНЫЛУ** *Ұғын578 етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНЫС** з а т. **1.** *Түсінік, ұғым.* **2.** *Түсіністік, келісім.*

**ҰҒЫНЫС**[2]**=** е т. *Өзара түсінісу, тіл табысу.*

**ҰҒЫНЫСУ** *Ұғыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫНЫСУШЫЛЫҚ** з а т. *Түсінісушілік, тіл табысушылық.*

**ҰҒЫҢҚЫРА=** е т. *Түсіңкіреу, ұға түсу.*

**ҰҒЫҢҚЫРАУ** *Ұғыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҒЫР** з а т. ж е р г. *Жөн, рет, орын.*

**ҰҒЫРЛА=** е т. е с к і к і т. ***Ұрлау.***

**ҰҒЫС=** е т. **1.** *Түсінісу, келісу, тіл табысу.* **2.** *Анық-қанығын айту, анықтау. // Түсініскен, тіл табысқан жандар.*

**ҰҒЫСТЫР=** е т. *Бір-бірін түсінуге мүмкіндік беру, табыстыру.*

**ҰҒЫСУ** *Ұғыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰДАЙ** ү с т. с ө й л. ***Ұдайы.***

**ҰДАЙ: екі ұдай.** а) *Қарама-қарсы екі топ, екі дай.* ә) *Әрі-сәрі, дүдамал; екі ұшты.*

**ҰДАЙЫ** ү с т. *Үнемі, ылғи; үздіксіз, толассыз.*

**Ұдайы өндіріс.** э к о н. *Ұдайы жаңарып отыратын, айналсоқпа кезеңдік сипаттағы өндіріс үдерісі.* **Ұдайы өндірістік цикл.** э к о н. *Үздіксіз қайталанып, жаңартылып отыратын «өндіру – бөлу – айырбастау – тұтыну» циклі.*

**ҰДАЙЫМЕН** ү с т. *Арасын үзбей, қатарынан.*

**ҰДАҚТАС=** е т. с ө й л. *Бірлесу, одақтасу, ұйымдасу.*

**ҰДДА: ұддасынан шыға алмады.** *Шама-шарқына, шегіне жете алмады.*

**ҰЖДАН** [ар. وجدان ] з а т. **1.** *Ар, намыс, ұят.* **2.** п с и х о л. *Адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты.*

**Ұжданды жаралау.** *Намысын аяққа басу, ардан безу.*

**ҰЖДАНДЫ** с ы н. *Ұжданы, ар-ұяты бар.*

**ҰЖДАНСЫЗ** с ы н. *Арсыз, ұятсыз, намыссыз.*

**ҰЖДЫҚ: ұждық етті.** д і н и. *Аллаға құлшылық етті.*

**ҰЖМАҚ** з а т. с ө й л. ***Жұмақ.*** **1.** д і н и. *Алла тағаланың рақымы түскен сүйікті құлдарының о дүниедегі рақат орны; пейіш.* **2.** а у ы с. *Шаруашылық пен тұрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.*

**ҰЖМАҚТАЙ** с ы н. *Ұжмақ сияқты, ұжмақ тәрізді.*

**ҰЖЫМ** з а т. <лат. collectivus> **1.** *Ортақ мақсатпен, ортақ мүддемен біріккен адамдар жиынтығы, яғни қоғамдық, топтық және жеке адами мүдделер тоғысқан шағын ұясы. [Белгілі бір меншік нысаны шеңберінде жүзеге асырылатын қоғамдық қызметтің нақты түрі және осы қызмет барысында қалыптасатын өзара жауапкершілік қатынастар, мүдделер, құндылық бағыттары, мінез-құлық қалыптары мен нормалары бойынша біріккен адамдардың ұйымдық қауымы].* **2.** с ө й л. *Ауызбірлік, ұйымшылдық, ынтымақ.*

**ҰЖЫМДАС=** е т. *Ынтымақтасу, бірлесу.*

**ҰЖЫМДАСТЫР=** е т. *Ынтымақтастыру, бірлестіру.*

**ҰЖЫМДАСТЫРУ** *Ұжымдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**Ұжымдастыру саясаты.** т а р. *XX ғасырдың басында жекеменшіктегі мал-мүлікті зорлықпен ұжымдарға тартып алып беру арқылы, ұжымдық шаруашылық құруға бағытталған күштеу саясаты.*

**ҰЖЫМДАСТЫРЫЛ=** е т. *Бірлестірілу, ынтымақтастырылу.*

**ҰЖЫМДАСТЫРЫЛУ** *Ұжымдастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЖЫМДАСУ** *Ұжымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЖЫМДЫ** с ы н. *Ынтымақты, ұйымшыл.*

**ҰЖЫМДЫҚ** с ы н. *Ұжымға тән, ұжымға қатысты.*

**Ұжымдық ақша өлшемдері.** э к о н. *Халықаралық есеп айырысу және несие қатынастарына қатысушылардың өзара міндеттемелері мен төлемдерінің мөлшері есептелетін жасанды валюталық шот өлшемдері.* **Ұжымдық белгі.** э к о н. *Одақтың, шаруашылық қауымдастығының немесе өзге де кәсіпорындардың ерікті бірлестіктерінің өздері шығаратын немесе өткізетін бірыңғай сапалық, өзге де ортақ сипаттамалары бар тауарларын таңбалауға арналған тауар белгісі.* **Ұжымдық валюта.** э к о н. *Мемлекетаралық экономикалық одақтардың шеңберінде халықаралық есеп айырысуларда пайдаланылатын валюта.* **Ұжымдық еңбек дауы.** э к о н. *Жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек шарттарын (жалақыны қоса) белгілеу және өзгерту, әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша ұжымдық келісімшарттарды, келісімдерді жасасу, өзгерту және орындау жөніндегі реттелмеген алауыздық.* **Ұжымдық кәсіпорын.** э к о н. *Мемлекеттік кәсіпорынды құнын төлеп алған жағдайда немесе мүлікті еңбек ұжымы заңды жолмен сатып алған жағдайда құрылатын шаруашылық бірлік.* **Ұжымдық қауіпсіздік.** с а я с и. *Халықаралық құқық, халықаралық дау-жанжалдарды бейбіт реттеу, бейбітшілікке төнген қауіптің алдын алу, тыйып тастау, жоюдың ұжымдық шараларының ережелері мен қағидаттарының жалпы мойындалған жүйесі.* **Ұжымдық меншік.** э к о н. *Әрқайсысының белгілі бір үлесі бар (үлестік меншік) немесе белгілі бір үлесі жоқ (бірлескен меншік) бірнеше адамға бір мезгілде тиесілі мүлік.* **Ұжымдық мердігерлік.** э к о н. *Ұжымдық еңбекті ұйымдастыру мен ынталандыру нысаны.* **Ұжымдық сана.** *Адам тобының әр мүшесіне (топтық сана туралы сөз болғанда) немесе жалпы барлық адамдарға («жалпы сана» немесе «жеке сана» туралы сөз болғанда) тән барлық саналы актілер мен сана мазмұнының жиынтығы.* **Ұжымдық шарт.** э к о н. *Кәсіпкер (немесе фирма әкімшілігі арқылы оның өкілі) мен қызметкерлер (кәсіподақ арқылы олардың өкілдері) арасындағы еңбек жағдайы, жалақы, кәсіпорындағы жұмысшы ұйымдарының құқықтары т.б. туралы келісім.* **Ұжымдық шаруашылық.** э к о н. *Ұжымдық меншік негізінде жұмыс істейтін шаруашылық.*

**ҰЖЫМТОП** з а т. п е д. *Мектеп немесе мектептен тыс тәрбие ұжымы кеңесінің шешімі бойынша құрылған оқушылар ұйымының негізгі құрылымдық бөлігі.*

**ҰЖЫМШАР** з а т. с о в е т. *Кеңес өкіметі тұсында құрылған ұжымдық шаруашылық нысандарының бірі.*

**ҰЖЫМШЫЛ** с ы н. *Ынтымақты, ұйымшыл.*

**ҰЖЫМШЫЛДЫҚ** з а т. <лат collectivus> *Ұжымның мақсаты мен мүддесін жекебастың ұмтылыстарынан жоғары қоятын және топтық ұйымдасушылық деңгейдің жоғарылығымен сипатталатын адамгершілік қағида.*

**ҰЗА=** е т. **1.** *Алыстау, қашықтау.* **2.** *Қол үзу, ажырау.* **3.** *Тез аяқталмау, көпке созылу.* **4.** *Кешікпей, уақыт оздырмай.*

**Ұзап шықты.** *Дара бөлініп шықты.*

**ҰЗАҒЫРАҚ** с ы н. **1.** *Ұзақтау, біршама ұзақ.* **2.** а у ы с. *Көбірек, молырақ.*

**ҰЗАЙ=** е т. с ө й л. ***Ұзар.***

**ҰЗАЙТ=** е т. *Ұзарта түсу, соза түсу.*

**ҰЗАЙТУ** *Ұзайт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАҚ**[1] з а т. з о о л. *Үсті қара, басы бозғылт, қарға тұқымдас кішкентай жыл құсы; ұзақ қарға.*

**ҰЗАҚ**[2] с ы н. **1.** *Алыс, қашық, жырақ.* **2.** *Көп уақытқа созылған, тез емес. // Асықпай, көпке шейін.* **3.** *Ұзын, шұбалаңқы; қысқа емес.*

**Ұзағынан жарылқасын [сүйіндірсін].** а л ғ ы с. *Жақсылығың көпке созылсын, мәңгілік болсын!* **Ұзақ ғұмыр.** *Көп жасаған өмір.* **Ұзақ жылдар.** *Ұзақ уақыт.* **Ұзақ кеш.** *Жазғы, ел жатып болмайтын кеш.* **Ұзақ күнді кеш қылды.** *Уақытын босқа өткізді.* **Ұзақ күндік өсімдіктер.** б о т а н. *Күннің ұзақтығы (тәуліктің жарық бөлігінің ұзақтығы) 14 сағат болатын не одан ұзағырақ кезде ғана гүлдеп, түйін салатын өсімдіктер.* **Ұзаққа бармады.** *Көпке созылмады; қысқа болды.* **Ұзақ мерзімді несие**. э к о н. *Банк несиесін өтеу мерзімімен айқындалатын несие нысаны. [Ұзақ мерзімді несиені банк немесе бейбанкілік несие мекемелері береді].* **Ұзақ сарын.** *Бітпейтін жыр, созылып кеткен әуен.* **Ұзақ сонар [сүре].** *Тез біте қоймайтын, көпке созылған, бір-біріне ұласқан.* **Ұзақ сонарға салды.** *Таусылмас сөзбұйдаға салды.* **Ұзақтан жем ілді**. *Тояттты алыстан іздеді; өз төңірегінен жырақ ізденді.*

**ҰЗАҚМЕРЗІМДІ** с ы н. *Ұзақ уақытқа арналған.*

**Ұзақмерзімді қарыз міндеттемесі.** *Бір жылдан жоғары мерзімде өтелетін міндеттеме.*

**ҰЗАҚСЫН=** е т. *Ұзақ санау, ұзақ көру.*

**ҰЗАҚТА=** е т. *Алыстау, қашықтау, жырақтау.*

**ҰЗАҚТАЙ** с ы н. *Ұзақ сияқты, ұзақ тәрізді.*

**Ұзақтай шулады**. *Бетімен жамырады, дуылдады.*

**ҰЗАҚТАТ=** е т. *Жырақтату, алыстату.*

**ҰЗАҚТАТУ** *Ұзақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАҚТАУ**[1] с ы н. **1.** *Қашықтау, алыстау.* **2.** *Ұзындау, көлемділеу.*

**ҰЗАҚТАУ**[2] *Ұзақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАҚТЫ: ұзақты күн.** *Күн ұзын, күні бойы.*

**Ұзақты түн.** *Түні бойы, таң атқанша.*

**ҰЗАҚТЫҚ** з а т. **1.** *Ұзақ болушылық, көпке созылушылық.* **2.** *Шалғайлық, қашықтық.*

**ҰЗАҚ-ҰЗАҚ** с ы н. **1.** *Алыс, қашық.* **2.** *Көп уақыт, көпке шейін.*

**ҰЗАҚША** ү с т. *Ұзақ құсы секілді, ұзаққа ұқсап.*

**Ұзақша шулады.** *Шу ете қалды, у-шу болды.*

**ҰЗАҚШЫЛ** с ы н. *Алыс қашықтыққа төтеп беретін, шаршамайтын.*

**ҰЗАЛТ=** е т. *Ұзағынан болу, шұбалу.*

**ҰЗАМАЙ** ү с т. *Көп уақыт өтпей, көпке созылмай.*

**ҰЗАҢҚЫРА=** е т. *Алыстаңқырау, қашықтаңқырау.*

**ҰЗАҢҚЫРАУ** *Ұзаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАР=** е т. **1.** *Ұзая түсу, биіктеу, өсу.* **2.** *Созылу, жайылу.* **3.** *Мезгіл-мерзімнің тез өтпей, көпке созылуы.* **4.** а у ы с. *Көбею, молаю.*

**ҰЗАРТ=** е т. **1.** *Алыстату, қашықтату, жырақтату.* **2.** *Созу, көбейту, молайту.*

**ҰЗАРТҚЫШ** з а т. *Ұзайтқыш, жайғастырғыш.*

**ҰЗАРТТЫР=** е т. *Созғызу, ұзақ ету.*

**ҰЗАРТТЫРУ** *Ұзарттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАРТУ** *Ұзарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Созу, ұзын ету.* **2.** *Ұзақ ету, көбейту.*

**ҰЗАРТЫЛ=** е т. *Ұзыннан ұзақ созылу.*

**Ұзартылған жұмыс жабдығы.** т е х. *Бір шөмішті экскаватордың жебесі мен тұтпасының экскаватордың жұмыс радиусын ұзартатын түрлері.* **Ұзартылған заряд.** ә с к. *Миналы жарылғыш және басқа бөгеттерден өткел жасау үшін қолданылатын заряд.* **Ұзартылған күн топтары.** п е д. *Оқушылардың сабақтан тыс уақытын дұрыс ұйымдастыруға септігін тигізетін мектеп жанынан ашылған оқу-тәрбие орны.*

**ҰЗАРТЫЛУ** *Ұзартыл етістігінің қимыл атауы; көбейтілу, созылу.*

**ҰЗАРУ** *Ұзар етістігінің қимыл атауы; созылу, ұзағырақ болу.*

**ҰЗАТ=** е т. **1.** *Қашықтату, алыстату.* **2.** *Уақыт өткізу, шығарып салу.* **3.** *Бөліп шығару, жеке шығару.* **4.** этн. *Қалыптасқан дәстүр бойынша түрлі ырым-сырымын, жөн-жоралғысын жасап, қызды күйеуге беру.*

**Ұзатар көбейсін.** э т н. т і л е к. *Қыз ұзату тойының үстіне келген адамның айтатын тілегі.* **Ұзатып салды.** *Біраз жерге шығарып салды, біраз жерге дейін ілесті.*

**ҰЗАТТЫР=** е т. *Жырақтату, қашықтату.*

**ҰЗАТТЫРУ** *Ұзаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАТУ** *Ұзат етістігінің қимыл атауы; қызды той жасап, ұзатып салу.*

**Ұзату тойы.** этн. *Айттырылған қыздың елінде құда түсіп, сырға салып келгеннен кейін жасалатын салтанатты той-жиын.*

**ҰЗАТЫЛ=** е т. этн. *Қыз тойы жасалып, айттырылған жеріне кетті.*

**ҰЗАТЫЛУ** *Ұзатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАТЫҢҚЫРА=** е т. *Алыстатыңқырау, қашықтатыңқырау.*

**ҰЗАТЫҢҚЫРАУ** *Ұзатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАТЫС=** е т. *Бүкіл ауыл, туған-туыс болып қызды күйеуге беру.*

**ҰЗАТЫСУ** *Ұзатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗАУ** *Ұза етістігінің қимыл атауы; жырақтау, қашықтау.*

**ҰЗАЮ** *Ұза етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗЫН** с ы н. **1.** *Қысқа емес, шұбатылған.* **2.** *Биік, сорайған, сойдиған.* **3.** *Ұзақ, көп уақытқа созылған.*

**Ұзын арқан [арқау], кең тұсау.** *Арқасын кеңге салу, жайбарақаттыққа салыну деген мағынада.* **Ұзын арқан, кең тұсауға салды [кең тұсаумен жүрді].** *Арқасын кеңге салды, жайбарақаттанды.* **Ұзын аяқ.** э в ф. *Аяқты мал; жылқы.* **Ұзын бойлы.** *Бойшаң, сыңғақ.* **Ұзындағы өшін, қысқадағы кегін алды.** *Бұрынды-соңды кеткен есесін, жаулықтың қарымтасын қайтарды.* **Ұзында [ұзыннан] өшті, қысқада [қысқадан] кекті.** *Бұрыннан араздығы бар, ақысы, есесі кеткен.* **Ұзынды күрмеп, қысқаны жалғады.** *Ептеп-септеп, әйтіп-бүйтті, амалдады.* **Ұзын елдің ірі, қысқа елдің қиыры.** *Дүйім жұрт, барлық ел.* **Ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына кетті.** *Көпке жария болды, шартараққа тарады.* **Ұзын етек.** э к с п р. э в ф. *Әйел, қатын-қалаш деген мағынада айтылады.* **Ұзын жалыңды көмір.** г е о л. *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің I сатысындай қалыптасқан тасқөмір түрі.* **Ұзын жас берсін.** т і л е к. *Ұзақ ғұмыр берсін, көп жасасын.* **Ұзын жол.** *Алыс жол, қиыр шет.* **Ұзын күнді мың бейнетпен өткізді**. *Әбден қиналды, бейнет шекті.* **Ұзын қоржын.** э т н. ж е р г. *Сыйлық, тарту.* **Ұзын құйрық субұркіт.** з о о л. *Құйрықтары ұзынша болып біткен субүркіттің түрі.* **Ұзын құлақ.** а) э в ф. ***Қоян.*** ә) *Біреуден біреуге жетіп, ел арасына тараған хабар.* **Ұзын омыртқа.** а н а т. *Арқа омыртқа мен бел омыртқаның аралығындағы омыртқа.* **Ұзын өріс қысқарып, кең қонысы тарылды.** *Өрісінен, қонысынан айырылды, жерінен ажырап қалды.* **Ұзын салқар.** *Ұзыннан-ұзақ, шұбатылған, шұбырған.* **Ұзын саны [қарасы].** *Жалпы мөлшері, ұзын-ырғасы.* **Ұзын сонарға [сүреге] салынды [түсті].** *Тез арада бітпей, ұзаққа созылды.* **Ұзын [ұзақ] сүре.** *Бірінен кейін бірі жалғасқан ұзақ сонар (әңгіме).* **Ұзын сызғанына жүріп, қысқа сызғанына көнді**. **Ұзын сызғанына жүріп, қысқа сызғанына көнді**. ж е р г. *Еркіне көнді, айтқанымен жүрді.* **Ұзын толқын.** ф и з. *Ұзындығы теңіз тереңдігінен екі есе асып түсетін теңіз толқыны.* **Ұзынынан көсілді.** *Ұзыннан-ұзақ созылды.*

**ҰЗЫНА: ұзына бойы.** *Өн бойы, бастан-аяқ.*

**ҰЗЫНДА=** е т. *Ұзару, ұзын болу.* Ұзындағы өшін, қысқадағы кегін алды. *Бұрынды-соңды кеткен есесін, жаулықтың қарымтасын қайтарды.*

**ҰЗЫНДАУ**[1] с ы н. *Ұзынырақ, біршама ұзын.*

**ҰЗЫНДАУ**[2] *Ұзында етістігінің қимыл атауы; созып, ұзарта түсу.*

**ҰЗЫНДЫ: ұзынды күн.** *Күні бойы, ертеден қара кешке дейін.*

**ҰЗЫНДЫ-КЕШ** ү с т. *Өне бойы, ұзақ уақыт.*

**ҰЗЫНДЫҚ** з а т. **1.** *Бір заттың ұзыннан алғандағы қалпы, тұрқы.* **2.** мат. *Сызықтар шамасының сандық сипаттамасы.*

**Ұзындықтың өлшеу бірліктері.** мат. *Белгілі бір заттың биіктігін немесе бірнеше заттың арақашықтығын өлшеу үшін қолданылатын өлшем бірліктер.*

**ҰЗЫНДЫ-ҚЫСҚАЛЫ** с ы н. *Бірі ұзын, бірі қысқа; ұзын-қысқасы аралас.*

**ҰЗЫНКИІМДІ** з а т. *Әйел адам.*

**ҰЗЫНҚАНАТ** з а т. з о о л. *Жер шарының тропиктік және қоңыржай белдеулерін мекендейтін қанаттары ұзын болып келетін құстар.*

**Ұзынқанат барбус.** з о о л. *Қанаты ұзын барбустың түрі.* **Ұзынқанат қарлығаш**. з о о л. *Қанаты ұзын әрі жіңішке, тұмсығы мен аяғы қысқа, сәл жалпақтау біткен, сырт пішіні қарлығашқа ұқсас құс.*

**ҰЗЫНҚАНАТТЫЛАР** з а т. з о о л. <лат. apodiformes> *Жер шарының тропиктік және қоңыржай белдеулерін мекендейтін құстардың бір отряды.*

**ҰЗЫНҚҰЙРЫҚ: ұзынқұйрық сарышұнақ.** з о о л. *Кеміргіштер отряды, тиіндер тұқымдасының құйрығы ұзын түрі.*

**ҰЗЫНҚҰЛАҚ** з а т. **1.** к ө н е. *Байырғы қазақ қоғамындағы біреуден біреу есту арқылы тарайтын хабар, ақпарат алудың, ақпарат берудің коммуникативті тәсілі.* **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Біреуден біреуге жететін, дерегі айқын емес, әркімнің өсіре, қоса айтқан алыпқашты сөзі.*

**ҰЗЫН-ҚЫСҚА** с ы н. *Ұзыны, қысқасы аралас.*

**ҰЗЫННАН-ҰЗАҚ** ү с т. *Ұзына бойын қуалай, қаз-қатар тіркесіп, шұбатылып.*

**Ұзыннан-ұзақ шұбатылған.** *Ұп-ұзын болып созылған.*

**ҰЗЫНСАРЫ** з а т. *Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін, наурызға тура келетін көктемгі көкөзек шақ.*

**ҰЗЫНТҰРА** с ы н. *Сидиған арық, ұзын бойлы (адам).*

**ҰЗЫНША** с ы н. **1.** *Ұзындау, сопақша.* **2.** *Сыңғақтау, бойшаңдау.*

**ҰЗЫНШАҚ** с ы н. *Ұзындау, ұзынырақ.*

**ҰЗЫНШАҚТА=** е т. *Ұзыншақ ету, ұзын ету.*

**ҰЗЫНШАҚТАУ**[1] с ы н. *Сәл ұзыншақ, сопақшалау.*

**ҰЗЫНШАҚТАУ**[2] *Ұзыншақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЗЫНШАҚ-ҰЗЫНШАҚ** с ы н. *Ұзын-ұзын, сорайған.*

**ҰЗЫН-ШҰБАҚ** с ы н. *Ұзыннан-ұзақ, алысқа созылған.*

**ҰЗЫНЫРАҚ** с ы н. *Әжептәуір ұзын, ұзындау.*

**ҰЗЫН-ЫРҒАСЫ** з а т. **1.** *Бір нәрсенің жалпы нобайы, жобасы, желісі.* **2.** *Бас-аяғы, жалпы саны.*

**ҰЙБАЙ** о д. *Жаны қиналғанда, ренжігенде, таңырқағанда айтылатын, көңіл күйін білдіретін сөз; ойбай.*

**ҰЙҒАР=** е т. **1.** *Белгілі бір шешімге, тоқтамға келу, ой қорыту.* **2.** *Жору, жорамалдау, болжалдау.* **3.** *Лайық көру, тең санау.*

**ҰЙҒАРУ**[1] з а т. **1.** *Резолюция, тоқтам, шешім.* **2.** *Болжам, жорамал.*

**ҰЙҒАРУ**[2] *Ұйғар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шешімге келу, тоқтамға келу.* **2.** *Жору, жорамалдау.* **3.** *Шешім, тоқтам.*

**ҰЙҒАРЫЛ=** е т. **1.** *Белгілі бір шешім шығарылу.* **2.** *Жорылу, болжану.* **3.** *Лайық саналу, сайлану.*

**ҰЙҒАРЫМ** з а т. *Шешім, тоқтам, байлам.*

**ҰЙҒАРЫНДЫ** з а т. *Тоқтам, шешім, ұйғарым.*

**ҰЙҒАРЫС=** е т. *Келісілу, шешілу.*

**ҰЙҒАРЫСУ** *Ұйғарыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙҒЫР** з а т. *Орталық Азиядағы көне түркі халықтарының бірі.*

**Ұйғыр жазуы.** л и н г в. *Бірінші мыңжылдықтың аяқ кезінде соғды алфавиті негізінде жасалған жазу жүйесі [Жоғарыдан төмен қарай тік әріптермен солдан оңға бағыттала жазылатын ұйғыр жазуы сирия-арамей әліпбилерінің біріне саяды].* **Ұйғыр тілі.** л и н г в. *Түркі тілдерінің оңтүстік-шығыс тобындағы қарлұқ бұтағына жататын тіл [Ұйғыр тілі ҚХР-ның Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районына (8 млн., 2004) және Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларына (300 мың), Үндістан, Пәкстан, Ауғанстан елдеріне (200 мың) таралған].*

**ҰЙҒЫРТАНУ** з а т. **1.** *Ұйғыр халқының тілі, әдебиет, мәдениеті, ауыз әдебиетімен шұғылданатын филологияның бір саласы.* **2.** *Ұйғыр тілінің тарихы және қазіргі жайы туралы ғылым.*

**ҰЙҒЫРША** ү с т. *Ұйғыр халқының дәстүрінше, әдет-ғұрпынша.* // с ө й л. *Ұйғыр тілі.*

**ҰЙҚАС[1]** ә д е б. <грек. rhythmos> *Өлең-жырларда тармақтың (өлең жолы) соңындағы бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі (дыбыс үндестігі).*

**Ұйқас қуды.** *Өлеңнің мәнді-мағыналы болуын ескерместен, жолдарының ұйқасты болуын, дыбыстардың үйлестігін ғана ескерді.* **Ұйқас теру.** *Ұйқастыру, ұйқас құрастыру.*

**ҰЙҚАС[2]** с ы н. *Ұқсас, сәйкес.*

**Ұйқас мүшелер.** *Ұқсас, сәйкес мүшелер.*

**ҰЙҚАС=** е т. **1.** *Сәйкесу, сай, келу, үйлесу.* **2.** ә д е б. *Сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп келуі, қиюласуы.*

**ҰЙҚАССЫЗ** с ы н. *Ұйқасы жоқ, ырғақсыз.*

**ҰЙҚАСТЫ** с ы н. *Ұйқасы бар, ұйқасқа құрылған.*

**ҰЙҚАСТЫҚ** з а т. *Ұйқасы болушылық, үндесушілік.*

**ҰЙҚАСТЫР=** е т. **1.** *Үйлестіру, сәйкестендіру.* **2.** ә д е б. *Ұйқасты ету, үндестіру.*

**ҰЙҚАСТЫРУ=** е т. *Ұйқастыр етістігінің қимыл атауы; үндестіру, ұқсату.*

**ҰЙҚАСТЫРЫЛ=** е т. *Үндестірілу, қиюластырылу.*

**ҰЙҚАСТЫРЫЛУ** *Ұйқастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙҚАСУ** *Ұйқас етістігінің қимыл атауы; үндесу, қиюласу.*

**ҰЙҚАСЫМ** з а т. *Үндесіп келушілік, үйлесім.*

**ҰЙҚАСЫМДЫ** с ы н. *Ұйқасып келген, ұйқасымы бар.*

**ҰЙҚАСЫМДЫЛЫҚ** з а т. *Ұйқасымды болып келушілік.*

**ҰЙҚЫ** з а т. **1.** *Адам мен кейбір жануарлардың тынығып дем алуы үшін, белгілі бір мерзімде қайталанып отыратын физиологиялық жағдайы.* **2.** а у ы с. *Қараңғылық, сауатсыздық.* **3**. а у ы с. *Өлім.*

**Ұйқы басты.** *Ұйқы меңдетті, ұйқыдан бас көтере алмады.* **Ұйқы безі.** а н а т. <лат. pancreas>. *Ағзада көмірсу, май, ақуыз алмасуына, яғни ас қорытуға қатысатын мүше.* **Ұйқы буды**. *Көзіне ұйқы тығылды, қалғып-мүлгіді.* **Ұйқы бұзылды.** а) *Тынышы кетіп, мазасызданды, ұйқысы қашты.* ә) м е д. *Жүйке жүйесінің қозғыштығынан, адам ағзасының әлсіреуінен және т. б. себептерден мазасы кетті, ұйқысынан айырылды.* **Ұйқыға енді.** *Ұйықтап етті, қалғып-мүлгіді.* **Ұйқыға кеткен айдаһардай қозғалмады.** б е й н. *Бір орнынан тапжылмады, табандап тұрып алды.*

**Ұйқыға кетті [жатты].** а) *Ұйқыға кірісті, ұйқыға бас қойды.* ә) *Тынышталды, тыншыды.* б) *Қайтыс болды, дүние салды.* **Ұйқыға маза бермеді.** *Ұйықтатпады, ұйықтауға кедергі болды.* **Ұйқыға тоймады**. *Көп ұйықтады, ұйықтай берді.* **Ұйқыға шому.** *Ұйқыға берілу, ұйықтап кету.* **Ұйқыда жатты.** *Мүлгіген тыныштық орнады.* **Ұйқыдан қалды.** а) *Уайымдап, қайғырғаннан не ауру меңдегеннен ұйқысы келмеді.* ә) *Тыным таппады, мазасызданды, әбігер болды.* **Ұйқыдан тұрды**. *Оянды, күнделікті күйбең тіршілікке кірісті.* **Ұйқы жамылды.** *Тыныштық басты, тынышталды.* **Ұйқы жеңді**. *Шаршап ұйқысы келді, ұйықтап кетті.* **Ұйқы көрмеді.** а) *Көз ілмеді, мызғымады.* ә) *Дамыл таппады, мігір көрмеді.* **Ұйқы қысты**. *Ұйықтағысы келді, көзіне ұйқы тығылды.* **Ұйқының шырқын бұзды.** *Оятып жіберді, ұйықтатпады, мазалады.* **Ұйқыны селдіретті.** *Ұйқыны ашты, ұйқыны қашырды.* **Ұйқыны тыншытты.** *Ұйқыны бұзбады, мазаламады.* **Ұйқысы ашылды.** *Ұйқысы тарап кетті, сергіді.* **Ұйқысы бұзылу**. *Жөнді ұйықтай алмау, мазасы кету.* **Ұйқысы келді.** *Көзіне ұйқы тығылды.* **Ұйқысы қалды.** *Тынышы қашты, ұйықтай алмады, мазасызданды.* **Ұйқысы қанды.** *Жақсы ұйықтап, тынықты.* **Ұйқысын қандырды.** *Жақсы ұйықтап оянды, әбден ұйықтап тұрды.* **Ұйқысы қанық.** *Ұйқыны қандырғандық, тыныққандық.* **Ұйқысы қашты.** *Ұйқысы келмеді, тынышы кетті.* **Ұйқысын алды.** э т н. с а я т. *Тұз бүркітін қолға үйрету үшін ырғаққа отырғызып, есін алды.* **Ұйқысын ашпады.** *Мәңгі ұйқыдан оянбады.* **Ұйқысын ашты.** *Оянды, сергіді.* **Ұйқысын бұзды [бөлді].** а) *Ұйқысына бөгет жасап, кедергі келтірді, мезгілсіз уақытта оятты.* ә) *Мазасын алды, тынышын кетірді.* **Ұйқысы сергек.** *Өте сақ ұйықтайтын, сәл сыбдырға оянып кететін (кісі).* **Ұйқысы үзілді.** *Ұйқысы ашылып кетті.* **Ұйқысы шайдай ашылды.** *Ұйқысы бірден тарап кетті, сергіп сала берді.*

**ҰЙҚЫ[2]** з а т. *Малдың шажырқай майына жабыса біткен бұжыр-бұжыр үлкен без.*

**Ұйқы безі.** а н а т. а) *Адамдардың ағзасында ас қорыту, сөл түзу міндетін атқаратын без.* ә) <лат. pancreas> *Жануарлар ағзасында қосарлы қызмет атқаратын сыртқы және ішкі секреция безі.*

**ҰЙҚЫАШАР** з а т. этн. *Ұзақ таңды ұйықтамай қарсы алу үшін жасалатын әрекет, ән-өлең, қызықты әңгіме.*

**ҰЙҚЫДАЙ** с ы н. *Ұйқы сияқты, ұйқы тәрізді.*

**ҰЙҚЫҚАҚТЫ: ұйқықақты болды**. *Ұйқыдан бас көтермеді.*

**ҰЙҚЫҚУДЫ** с ы н. *Ұйқысын қашырған, ұйқы бермеген.*

**ҰЙҚЫЛЫ** с ы н. *Ұйқысы ашылмаған, ұйқысы сергімеген.*

**Ұйқылы көз**. *Ұйқысын аша алмай тұрған адам.*

**ҰЙҚЫЛЫ-ОЯУ** с ы н. **1.** *Ұйқы мен ояудың арасында, қатты ұйқыға кетпеген, қалғып-мүлгіген.* **2.** а у ы с. *Селқос, ықыласссыз.*

**ҰЙҚЫСЫЗ** с ы н. *Ұйқы жоқ, ұйқы қашқан.*

**ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ** з а т. м е д. *Қалыпты ұйқының бұзылуы, ұйқысы қашушылық, ұйықтай алмаушылық.*

**ҰЙҚЫСЫРА=** е т. *Ұйықтап жатып сөйлеу.*

**ҰЙҚЫСЫРАУ** *Ұйқысыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙҚЫ-ТҰЙҚЫ** с ы н. **1.** *Асты-үстіне шыққан, қобыраған, дудыраған.* **2.** *Алай-дүлей, аласапыран, астан-кестені шыққан.* **3.** а у ы с. *Ойран-асыр, бейберекет.*

**Ұйқы-тұйқы болды**. *Астан-кестені шықты, қобырады.* **Ұйқы-тұйқы қылды**. *Астан-кестеңін шығарды, қобыратты, қоқсытты.* **Ұйқы-тұйқысын шығарды.** *Астан-кестеңін шығарды, опыр-топыр етті. Мазасын алды, тынышын бұзды.* **Ұйқы-тұйқысы шықты.** *Астан-кестеңі шықты, опыр-топыр болды.*

**ҰЙҚЫШ** *Айқұш-ұйқыш қос сөзінің екінші сыңары.*

**ҰЙҚЫШЫ** с ы н. с ө й л. ***Ұйқышыл.***

**ҰЙҚЫШЫЛ** с ы н, *Көп ұйықтайтын, ұйықтай беруді ұнататын (адам).*

**ҰЙҚЫШЫЛДЫҚ** з а т. *Көп ұйықтауды ұнатушылық, ұйықтай бергіштік.*

**ҰЙЛЫҒУ** *Ұйлық етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЛЫҒЫҢҚЫРА=** е т. *Аздап ұйлығып қалу, шоғырланыңқырау.*

**ҰЙЛЫҒЫҢҚЫРАУ** *Ұйлығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЛЫҒЫС=** е т. *Бөле-жарылмау, топтасу.*

**ҰЙЛЫҒЫСУ** *Ұйлығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЛЫҚ=** е т. **1.** *Топтану, бір жерге шоғырлану.* **2.** а у ы с. *Дағдару, қысылу.*

**ҰЙЛЫҚТЫР=** е т. *Топтастыру, шоғырландыру.*

**ҰЙЛЫҚТЫРУ** *Ұйлықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙНАҚ** з а т. ж е р г. *Кебек.*

**ҰЙПА** с ы н. с ө й л. ***Ұйпалақ.***

**ҰЙПА[2]=** е т. *Жайпау, қырып-жою, қирату.*

**ҰЙПАҚ-ТҰЙПАҚ** с ы н. с ө й л. ***Ұйпа-тұйпа.***

**Ұйпақ-тұйпағын шығарды**. *Ұйпа-тұйпасын шығарды, ұйпа-тұйпа етті.*

**ҰЙПАЛА=** е т. **1.** *Қобырату, будырату; умаждау.* **2**. а у ы с. *Ұйпа-тұйпасын шығарып, жайратып салу, жайпап жіберу.*

**ҰЙПАЛАҚ** с ы н. **1.** *Қобырап ұйпаланған, будыраған (шаш, сақал.).* **2.** *Мыж-мыж, қыртыс-қыртыс; умаждалған.*

**ҰЙПАЛАҚТА=** е т. **1.** *Қобырату, дудырату.* **2.** а у ы с. *Апыр-топыр, ұйпа-тұйпасын шығару, жайратып салу.*

**ҰЙПАЛАҚТАЛ=** е т. *Қобырау, дудырау.*

**ҰЙПАЛАҚТАЛУ** *Ұйпалақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙПАЛАҚТАН=** е т. *Қобырау, дудырау.*

**ҰЙПАЛАҚТАНУ** *Ұйпалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙПАЛАҚТАУ[1]** с ы н. *Сәл ұйпалақ болып келген.*

**ҰЙПАЛАҚТАУ[2]** *Ұйпалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙПАЛАҚ-ТҰЙПАЛАҚ** с ы н. *Ұйпалақтанған, қобыраған, бобыраған.*

**ҰЙПАЛАН=** е т. *Қобырау, дудырау.*

**ҰЙПАЛАНДЫР=** е т. *Қобырату, дудырату.*

**ҰЙПАЛАНДЫРУ** *Ұйпаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙПАЛАНУ** *Ұйпалан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙПАЛАУ** *Ұйпала етістігінің қимыл атауы; қинау, қорлау.*

**ҰЙПА-ТҰЙПА** с ы н. **1.** *Ұйқы-тұйқысы шыққан, қобыраған.* **2.** а у ы с. *Ойран-асыр, опыр-топыр.*

**Ұйпа-тұйпасы шықты.** а) *Ұйпалақтанды, мыжмыж болды.* ә) *Ойран-асыр болып, ұйқы-тұйқысы шықты.*

**ҰЙПАУ** *Ұйпа етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, көзін құрту.*

**ҰЙТҚУ** *Ұйтқы етістігінің қимыл атауы; бір жерге топтасу, лықсу, аласұру.*

**ҰЙТҚЫ=** е т. **1.** *Жел, боранның т.б. тез көтеріліп, кері үйіріле соғу.* **2.** а у ы с. *Лаулау, қаумалау, қаулау.* **3.** а у ы с. *Буырқану, бұрқырау (көңіл-күй, сезім).*

**Ұйтқып соқты.** *Шарқ ұрды, лықсыды.*

**ҰЙТҚЫЛЫ** с ы н. *Ұйысқан, ұйымшыл, ауызбіршілікті.*

**ҰЙТҚЫМА[1]** з а т. *Қысқа уақыт аралығында күрт күшейіп, бағытын қым-қиғаш өзгерткен жел.*

**Ұйытқыма [ұйытқыған] боран.** *Ұйытқи соққан қарлы боран.*

**ҰЙТҚЫМА[2]** с ы н. **1.** *Ұйтқи соққан.* **2.** а у ы с. *Аумалы-төкпелі, құбылмалы.*

**ҰЙТҚЫМАЛЫ** с ы н. с ө й л. ***Ұйтқыма.***

**ҰЙТҚЫТ=** е т. **1.** *Ұйтқи, үйіре соғу.* **2.** а у ы с. *Астындағы атты құйғыту, қатты жүріспен ағызу.* **3.** а у ы с. *Берекесін кетіру, шырқын бұзу.*

**ҰЙТҚЫТУ** *Ұйтқыт етістігінің қимыл атауы; үйіру, борату.*

**ҰЙЫ=** е т. **1.** *Сүттің айранға айналуы.* **2.** *Қанның қоюланып қалуы.* **3.** б и о л. *Қан жүрісінің бұзылуына байланысты дене мүшесінің шымырлап, жансызданған сияқтануы.* **4.** а у ы с. *Бар ынтасымен ден қойып тыңдау, елту; қалтқысыз сену.* **5.** а у ы с. *Тоқтау, кідіру.* **6.** а у ы с. *Жинақталу, топталу.*

**Ұйып тұрған қатықтай.** а) *Өз дегенінен қайтпайтын, анау-мынауға мызғымайтын.* ә) бейн. *Өте салмақты, сабырлы, сырбаз.* **Ұйып тыңдады**. *Бар ынта-шынтысымен, қалтқысыз тыңдады.*

**ҰЙЫҚ**[1] зат. **1.** этн. *Түйе мен қой жүнінен, ешкі түбітінен иірілген жіптен тоқылатын аяқкиім.* **2.** ***Шұлық***. **3.** жерг. *Пима.*

**ҰЙЫҚ**[2] зат. **1.** *Ұйма, тартпа, ми батпақ.* **2.** сушар. *Беткі 1–2 м қабатын өсімдік басқан суқоймасы.* **3.** сушар. *Сушаралардағы суға қаныққан майда түйірлі, нығыздалмаған шөгінді.*

**Ұйық суы**. геол. *Түп шөгінділердің кеуектерін толтырып тұратын су, немесе дисперстік жүйе ретіндегі шөгінділердің сұйық бөлігі.*

**ҰЙЫҚ**[3] зат. кәс. *Бір жерге топталып, шоғырланған балық.*

**ҰЙЫҚ=** ет. *Ит тұқымдас хайуандардың ылығуы.*

**ҰЙЫҚТА=** ет. **1.** *Ұйқыға кету, ұйқыға шому.* **2.** ауыс. *Тыныштālу, жым-жырт болу.* **3.** ауыс. *Алаңсыз, жайбарақат күйде болу.*

**Ұйықтамай түс көрді.** *Құр қиял, есек дәме болды.* **Ұйықтап кетті.** а) *Мызғыды, көзі ілінді, қалғыды.* ә) *Дүние салды.* Ұйықтап кетті. *Көзі ілінді, мызғыды.*

**ҰЙЫҚТАҒАНСУ** *Ұйықтағансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫҚТАҒАНСЫ=** ет. *Ұйықтаған сияқты күйде болу, ұйықтаған сыңай білдіру.*

**ҰЙЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Ұйқыға кетіңкіреу.*

**ҰЙЫҚТАҢҚЫРАУ** *Ұйықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫҚТАТ=** ет. **1.** *Ұйықтауға мәжбүр ету, ұйықтауға жағдай жасау.* **2.** ауыс. *Тыныштандыру, жым-жырт еткізу.* **3.** ауыс. *Мазаламау, мазасын алмау.*

**ҰЙЫҚТАТУ** *Ұйықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫҚТАТЫЛ=** ет. *Ұйықтауға жағдай жасау, әсер ету.*

**ҰЙЫҚТАТЫЛУ** *Ұйықтатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫҚТАУ** *Ұйықта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұйқыға кету, ұйқыға шому.* **2.** ауыс. *Тыныштālу, жым-жырт болу.*

**ҰЙЫҚТЫ** сын. геол. *Ұйығы бар, ұйықтан құралған.*

**ҰЙЫЛ** сын. *Мығым, шымыр.*

**ҰЙЫМ** зат. <франц. organisation> **1.** *Өзара байланысты ерекше мақсаттарға жетуге бағытталған әлеуметтік топ, саяси бірлестік.* **2.** *Белгілі бір мақсат жолында біріккен адамдардың тобы.*

**Ұйым басшылығы.** *Ұйымның мақсатына қол жеткізу үшін жекелеген адамдар мен топтарға ықпал жасап, оларды жұмысқа жұмылдыруға қабілетті басшы.* **Ұйымдағы билік.** *Ұйымда тапсырмаларды орындауға адамдардың бір бөлігінің күшін және ұйымның ресурстарын пайдалануға бағытталған құқық.* **Ұйым жетекшісі.** *Ресми және ресми емес басшылық пен жетекшілікті тиімді жүзеге асыратын адам.*

**ҰЙЫМА** зат. жерг. *Тартпа, ми батпақ.*

**ҰЙЫМАЛА=** ет. жерг. *Батпақтау, батпаққа бату.*

**ҰЙЫМАЛАУ** *Ұймала етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫМДАС=** ет. **1.** *Қоғамдасып бірігу, бас қосып, топ құру.* **2.** *Ұйым болып құрылу.*

**Ұйымдасқан қылмыс**. заң. *Негізінен экономика аясындағы біріккен жүйелі қылмыстық әрекет [Ұйымдасқан қылмыс ұзақ уақытқа есептеліп, кәсіпшілік түрінде жасалады, оны қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар) материалдық пайда алу немесе қоғамдық өмірдің белгілі бір аясына ықпал ету мақсатымен жоспарлап, жүзеге асырады].* **Ұйымдасқан топ**. заң. *Қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасалатын қылмысқа қатысу нысаны.*

**ҰЙЫМДАСТЫР=** ет. **1.** *Бір жерге топтастыру, шоғырландыру.* **2.** *Ұжымдастыру, ұйытқы болу, құру.*

**ҰЙЫМДАСТЫРҒЫШ** сын. *Ұйымдастыруға шебер, қабілетті.*

**ҰЙЫМДАСТЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Жұмысты ұйымдастыра білу қабілеті; іскерлік.*

**ҰЙЫМДАСТЫРТ=** ет. *Бір жерге топтастыруға, шоғырландыруға атсалысу.*

**ҰЙЫМДАСТЫРТУ** *Ұйымдастырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫМДАСТЫРУ** *Ұйымдастыр етістігінің қимыл атауы.* <франц. organiser> **1.** *Топтастыру, шоғырландыру.* **2.** *Қандай да бір іс-шараларды өткізу бойынша ақылдасу, бір нәрсеге ұйытқы болу.*

**Ұйымдастырудың даралық нысаны.** пед. *Әр оқушының мүмкіндігіне орай өзіндік тапсырмалар беру арқылы жекелей оқытуды кемелдендіру.* **Ұйымдастырудың топтық нысаны.** пед. *Белгілі бір тапсырмаларды орындату үшін оқушыларды топқа бөліп жүргізілетін жұмыс.* **Ұйымдастырудың тұтастық нысаны.** пед. *Педагогтың бүкіл оқу тобымен бір мезгілде жүргізетін жұмысы.* **Ұйымдастыру жасақтамасы.** инф. <ағыл. organization support> *Компьютерлер мен автоматтандырылған жүйелердің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін өлшемдер мен шаралар жиынтығы.*

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ** зат. **1.** *Бір нәрсені ұйымдастырып, жүзеге асыруда ұйытқы, жетекші болушы.* **2.** пед. *Әртүрлі күнтізбелік даталарға байланысты мәдени-ағарту шараларын, қоғамда күнделікті болатын іс-шараларды оқушылармен жүргізілетін жоспарлы жоспардан тыс оқу-тамымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыратын адам.*

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Ұйымдастыра білушілік, ұйымдастыру ісін атқарушылық.*

**Ұйымдастырушылық жетекшілік.** *Ұйымның мақсаттарға жетуі үшін жеке адамдар мен топтардың әрекеттеріне әсер етуге қабілеттілігі.* **Ұйымдастырушылық шешім.** *Басшы өзі атқарып отырған қызметке байланысты міндеттерді орындауы үшін жасауға тиіс таңдауы.* **Ұйымдастырушылық шығармашылық**. пед. *Басқару мен ұйымдастыру әрекеті саласындағы жоспарлауды, бақылауды, күштерді орналастыруды қорларды жұмылдыруды, ортамен байланысты, тәлімгер мен оқушылардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін шығармашылық.*

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Шаралардың іске асырылуы, жүйеге келтірілуі.* **2.** *Құрылу, пайда болу.*

**Ұйымдастырылмаған рынок**. заң. *Мәміле және оның қатысушыларына ұйымдастырылған рынок талаптарын сақтамай бағалы қағаздармен мәмілелер жүзеге асырылатын бағалы қағаздар айналым өрісі.*

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ** *Ұйымдастырыл етістігінің қимыл атауы; белгілі бір шараның іске асырылуы, ретке келтірілуі.*

**ҰЙЫМДАСУ** *Ұйымдас етістігінің қимыл атауы; бірігу, топтасу, шоғырлану.*

**ҰЙЫМДЫ** сын. *Ұйымдасқыш, ұйымшыл.*

**ҰЙЫМДЫҚ** сын. *Ұйымға қатысты, ұйымға тән.*

**Ұйымдық құрылым.** *Мақсатқа тиімді түрде қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған басқару деңгейлері мен атқарымдық салалардың қисынды арақатынасы.*

**ҰЙЫМШЫЛ** сын. *Ынтымақшыл, ауызбірлігі күшті.*

**ҰЙЫМШЫЛДЫҚ** зат. *Ұйымшыл болушылық, ынтымақтастық.*

**ҰЙЫНДЫ** зат. *Ұйып қалған зат.*

**ҰЙЫС=** ет. **1.** *Қалың, қою болып өскен заттардың (шаш, сақал, жүн, шөп т.б.) өзара тұтасып, бытысып қалуы.* **2.** ауыс. *Бір жерге үйіріліп топталу, ұйлығу.* **3.** сөйл. *Бірігу, ұйымдасу, қоғамдасу.*

**ҰЙЫС: ұйысқа салу**. жерг. *Ортаға салу.*

**ҰЙЫСҚАҚ** сын. *Ұйысқыш, тез ұйысатын.*

**ҰЙЫСҚЫШ** сын. *Ұйыса бергіш, ұйысқақ.*

**ҰЙЫСПАЛЫ** сын. *Ұйыса беретін, ұйысқақ.*

**ҰЙЫСТЫР=** ет. *Ұйымдастыру, біріктіру, топтастыру.*

**ҰЙЫСТЫРУ** *Ұйыстыр етістігінің қимыл атауы; біріктіру, топтастыру, ұйытқы болу.*

**ҰЙЫСТЫРЫЛ=** ет. *Ұйымдастырылу, біріктірілу.*

**ҰЙЫСТЫРЫЛУ** *Ұйыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫСУ**[1] зат. *Консолидация.*

**ҰЙЫСУ**[2] *Ұйыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шатасу, қобырау, дудырау.* **2.** ауыс. *Бірігу, топтасу, бас қосу.*

**ҰЙЫТ=** ет. **1.** *Сүтті айранға айналдыру.* **2.** ауыс. *Еліту, еліктіру.* **3.** ауыс. *Біріктіру, басын қосу.*

**ҰЙЫТҚУ** *Ұйытқы етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫТҚЫ** зат. **1.** *Сүтті ұйытып, айран жасайтын ашытқы.* **2.** ауыс. *Бір істі ұйымдастырушы, жетекшілік көрсетіп үлгі болушы, бастаушы.*

**Ұйытқы болды.** а) *Бір істі жүзеге асырушы негізгі күш, тірек болды.* ә) *Басшылық етті, жәрдемдесті.* **Ұйытқысын бұзды [шайқады]**. *Береке-бірлігін кетірді, шырқын, бірлігін бұзды.* **Ұйытқысы шайқалды**. *Шырқы бұзылды, береке-бірлігі кетті.*

**ҰЙЫТҚЫЗ=** ет. *Сүттен айран жасатқызу.*

**ҰЙЫТҚЫЗУ** *Ұйытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЙЫТҚЫЛЫ** сын. *Береке-бірлігі бар, топты.*

**ҰЙЫТҚЫЛЫҚ** сын. *Ұйытқы болуға жарарлық.*

**ҰЙЫТҚЫМА** сын. *Ұйытқыған, ұйытқи соққан.*

**Ұйытқыма [ұйытқыған] боран.** *Ұйытқи соққан қарлы боран.*

**ҰЙЫТҚЫМАЛЫҚ** зат. *Ұйытқушылық, тұрақсыздық, әркелкілік.*

**ҰЙЫТҚЫП-ШАЛҚЫ=** ет. *Топтасып, береке-бірліктері жарасу.*

**ҰЙЫТУ** *Ұйыт етістігінің қимыл атауы; сүттен айран жасау.*

**ҰЙЫТЫЛ=** ет. *Ұю үдерісінің іске асырылуы.*

**ҰЙЫТЫЛУ** *Ұйытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҚ=** ет. *Түсіну, санаға тоқу, жадында сақтау; бір нәрсенің мән-жайын білу, түсіну.* **2.** *Санау, солай деп қабылдау.* **3.** ауыс. *Қадірлеу, бағалау, парқын айыру.*

**ҰҚҚАНДЫҚ** зат. *Түсінгендік, білгендік.*

**ҰҚҚЫЗ=** ет. *Түсіндіру, ұқтыру, санасына тоқыту.*

**ҰҚҚЫШ** сын. *Ұғып алғыш, түсінгіш, ұғымтал, жадына сақтағыш.*

**ҰҚҚЫШТЫҚ** зат. *Түсінгіштік, ұғымталдық.*

**ҰҚМЫШ** зат. көне. ескікіт. *Ұққыш, түсінгіш, білгіш.*

**ҰҚСА=** ет. *Ұқсас болу, сәйкес, бейнелес келу.*

**Ұқсамасаң тумағыр!** *Айнымай қалған, аузынан түскендей деген мағынада.*

**ҰҚСАҒАНДЫҚ** зат. *Сәйкестілік, сайма-сай келгендік.*

**ҰҚСАҢҚЫРА=** ет. *Аздап ұқсау, біршама ұқсас келу.*

**ҰҚСАҢҚЫРАУ** *Ұқсаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҚСАРСЫЗ** сын. *Орынсыз айтылған (сөз).*

**ҰҚСАС** сын. *Бейнелес, тәріздес.*

**Ұқсас егіздер**. биол. *Бір жұмыртқадан пайда болған, монозиготалы егіздер.* **Ұқсас жиым.** инф. *Өлшемі және индекстерді өлшеу шекаралары бірдей екі немесе одан да көп жиымдардың бірі.* **Ұқсас тауар**. экон. *Жұмыс істеу мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары жағынан және басқа да негізгі қасиеттері жағынан басқа тауарлармен толық бірдейленген немесе салыстыруға болатын тауар.*

**ҰҚСАСТАН=** ет. *Ұқсау, ұқсас болу.*

**ҰҚСАСТАУ** сын. *Біршама ұқсас, сәйкестеу.*

**ҰҚСАСТЫҚ** зат. **1.** *Ұқсас болушылық, айнымай дәл келушілік.* **2.** лингв. <грек. analogia>

*Өзара қатысты тіл элементтерінің бір-біріне әсер етуінен жасалған ұқсас сөздер мен сөз формалары.* **3.** геом. *Геометриялық фигуралардың (олардың мөлшеріне тәуелсіз) бірдей болатындығын сипаттайтын геометриялық ұғым.* **4.** заң. *Құқықтық реттеуді талап ететін, алайда тікелей заңмен немесе заңнан туындайтын актімен көзделмеген құқықтық реттеуді қажет ететін қоғамдық қарым-қатынастарға ұқсас қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды қолдану, ал ондай нормалар болмаған жағдайда құқықтың немесе құқықтық институттың тиісті саласын құқықтық реттеудің жалпы ережелері мен қағидаттары.*

**Ұқсастық тапты.** *Ұқсатты, ұқсас жерлерін анықтады.* **Ұқсастық теориясы**. физ. *Физикалық құбылыстардың (үдерістердің, жүйелердің) ұқсастық шарттарын зерттейтін ілім [Ұқсастық теориясының негізгі мақсаты – әртүрлі процестердің ұқсастық критерийлерін анықтау және олар арқылы сол процестердің қасиеттерін зерттеу].*

**ҰҚСАСТЫР=** ет. *Бейнелестіру, сәйкестендіру.*

**ҰҚСАСТЫРҒЫШ** зат. инф. <ағыл. identifier> *Нысандарға атау беру кезінде пайдаланылатын бедер-белгілік тізбек.*

**ҰҚСАСТЫРУ** *Ұқсастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәйкестендіру, үйлестіру.* **2.** инф. <ағыл. identification> *Қатынау нысандары немесе ұсынылған ұқсастырғышты телінген ұқсастырғыштар тізімімен салыстыру.*

**Ұқсастыру символы**. инф. <ағыл. symbol identification> *Бекетті ұқсастыру үшін ауыс.тырып қосылатын желі бойынша бекеттен берілетін символ.*

**ҰҚСАТ[1]=** ет. **1.** *Біртектес заттардың сәйкес келуі, сол сияқты болуы; балау.* **2.** *Бір нәрсеге теңестіру, сәйкестендіру.*

**ҰҚСАТ[1]=** ет. *Істі, шаруаны орнына келтіріп, тап-тұйнақтай етіп тындыру.*

**ҰҚСАТҚЫЗ=** ет. *Жоқтан бар жасау, кәдеге жарату, оқсату.*

**ҰҚСАТҚЫЗУ** *Ұқсатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҚСАТҚЫШ** зат. инф. <ағыл. simulator> **1.** *Ұқсататын құрылғы.* **2.** *Модельдейтін бағдарлама.*

**ҰҚСАТУ** *Ұқсат етістігінің қимыл атауы; кәдеге жарату.*

**ҰҚСАТЫЛ=** ет. *Сәйкестендірілу, ұқсату.*

**ҰҚСАТЫЛУ** *Ұқсатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҚСАТЫМПАЗ** сын. *Жоқты бар етіп ұқсатқыш.*

**ҰҚСАУ** *Ұқса етістігінің қимыл атауы; бірдей, сәйкес болу.*

**ҰҚСАУШЫЛЫҚ** зат. *Ұқсас болушылық, ұқсастық.*

**ҰҚТЫР=** ет. *Түсіндіру, санасына тоқыту.* **2.** ауыс. *Сездіру, білдіру.* **3.** ауыс. *Мойындату, көзін жеткізу, дәлелдеу.*

**ҰҚТЫРУ** *Ұқтыр етістігінің қимыл атауы; білдіру, сездіру.*

**ҰҚЫҚ** зат. сөйл. *Әкімшілік-аумақтық бірлік.*

**ҰҚЫП** зат. **1.** *Тиянақтылық, тыңғылықтылық, тындырымдылық.* **2.** *Ысырапқа жол бермеушілік, үнемшілдік.*

**ҰҚЫПСЫЗ** сын. *Ұқыпты емес; салақ. // Салақ, малшашпақ, ұшқалақ адам.*

**ҰҚЫПСЫЗДЫҚ** зат. *Ұқыпсыз болушылық, салақтық.*

**ҰҚЫПТА=** ет. **1.** *Ыждағаттау, реттестіру.* **2.** *Зейін салу, ден қою.*

**ҰҚЫПТАЛ=** ет. *Ретке келтірілу.*

**ҰҚЫПТАЛУ** *Ұқыптал етістігінің қимыл атауы; ретке келтірілу, іждағатталу.*

**ҰҚЫПТАУ** *Ұқыпта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҚЫПТЫ** сын. *Тап-тұйнақтай, жинақы (салақ емес); тыңғылықты.*

**ҰҚЫПТЫЛЫҚ** зат. *Жинақылық, тыңғылықтылық.*

**ҰЛ** зат. **1.** *Еркек бала, ер бала.* **2.** этн. *Дәстүрлі қазақ мәдениетінде (кенжесі болса) қарашаңырақтың иесі болып қалатын, қартайғанда әке-шешесін бағатын әулеттің мұрагері, тегін, ұрпағын жалғастырушы ер бала.* **3.** *Халық қамын ойлайтын ер азамат, ел-жұртының қорғаушысы.* **4.** *Бозбала, кәмелетке жеткен ер бала.*

**Ұлға балады.** *Ардақтады, өзгеден бағасын артық көрді.* **Ұл қылды**. *Өзінен туған баладай көрді, асырап алды.* **Ұл тап.** этн. тілек. *Мұрагерің, тірегің болсын деген мағынада жас келіншекке айтылатын бата тілек.* **Ұл тапқандай қуанды.** *Ерекше қуанды, мәз болды, шаттанды.* **Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды.** *Балалары отбасын құрып, өмірде өз орындарын тапты.* **Ұлын ұрымға [үрімге], қызын қырымға [қытайға] шұбыртты [зытырды, тентіретті]!** *Үрім-бұтағы тоз-тоз болып, қаңғырып кетті.* **Ұлың Ұрымға [Үрімге], қызың Қырымға [Қытайға] шұбырсын [кетсін, зытсын!].** қарғыс. *Үрім-бұтағың бытырап, тоз-тоз болсын деген мағынада.* **Ұлы ойда, қызы қырда.** *Бытырап, тарап кеткен деген мағынада.*

**ҰЛАҒАТ** зат. *Халықты игілікке, адамгершілікке, бауырмалдыққа, береке-бірлікке шақыратын ізгі өнеге, ақыл-кеңес.*

**ҰЛАҒАТТЫ** сын. **1.** *Тәлім-тәрбиелік мәні бар.* **2.** *Парасатты, оқымысты, ғұлама.* **3.** *Үлгілі-өнегелі.*

**ҰЛАН[1]** зат. **1.** *Жасөспірім, жеткіншек, өрен.* **2.** ауыс. *Орасан, ұлы, зор.* **3.** тар. әск. *Әуелде патшаны күзететін әскер; орта ғасырдағы атты әскер бөлімі, 13–14 ғ-да түркі-моңғол әскерлерінде садақпен қаруланып, шашақты найза ұстаған атты жауынгер.* **4.** ауыс. *Батырлық, табандылық пен ерекше құрметке бөленген жауынгер, әскери бөлім.*

**ҰЛАН[2]** үст. *Бүкіл, барлық, түгел.*

**Ұлан асыр той.** *Үлкен қуаныштың құрметіне бүкіл елге жасалтын жиын.* **Ұлан байтақ.** *Ұлан асыр, шексіз кең.* **Ұлан бой.** *Тұла бой, бүкіл дене.* **Ұлан жаздай.** *Жаз бойы, жаз өткенше.* **Ұлан қыстай.** *Қыс бойы, қыс өткенше.*

**ҰЛАН=** ет. сөйл. ***Ұласу.***

**ҰЛАН-АСЫР** сын. *Ағыл-тегіл, аста-төк.*

**Ұлан-асыр той жасады [болды].** *Бүкіл елге әйгілеп, жұрттың есінде қалардай айнала-аймақты түгел шақырып, үлкен думанды дүрмек өткізді.*

**ҰЛАН-БАЙТАҚ** сын. *Көз жеткісіз кең, көсіліп жатқан, шетсіз-шексіз.*

**ҰЛАН-ҒАЙЫР** сын. **1.** *Ұшы-қиырсыз үлкен, көз жеткісіз кең.* **2.** *Есепсіз мол, сан жетпес көп.* **3.** *Ұзақ, көлемді.*

**ҰЛАН-ҚИЫР** үст. *Өте алыс, шексіз.*

**ҰЛАР** зат. **1.** *Таудың биік шыңдарын мекендейтін, түсі сұрғылт, еті дәмді, ірі құс.* **2.** зоол. <лат. tetraogallus> *Тау құркетауығы, тауықтәріздідер отряды, қырғауылдар тұқымдасына жататын бір туыс.*

**ҰЛАРДАЙ** үст. *Ұлар сияқты, ұларға ұқсап.*

**Ұлардай шулады.** а) *Улап-шулап дүрлікті.* ә) *Дауыс. қосып жыласты.*

**ҰЛАС=** ет. **1.** *Бір-біріне жалғасу, ұштасу.* **2.** ауыс. *Жеткізу, апару.* **3.** ауыс. *Тұтасу, қоршау.* **4.** *Араласу, бытысу.*

**ҰЛАСТЫР=** ет. *Жалғастыру, ұштастыру.*

**ҰЛАСТЫРЫЛ=** ет. *Жалғастырылу, ұштастырылу.*

**Ұластырылған баланс [теңгерім]**. экон. *Негізгі серіктес пен еншілес серіктестердің біріктірілген есеп-қисабы; бірнеше серіктестердің біртұтас балансы.* **Ұластырылған борыш**. экон. *Әдетте, пайыздар әкелетін облигациялар немесе борыш міндеттемелері.*

**ҰЛАСТЫРУ** *Ұластыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалғастыру, ұштастыру, тұтастыру.* **2.** психол. <грек. synthesis> *Қандай да бір заттың, құбылыстың құрамдас бөліктерін тұтастай, өзара тығыз байланыста қарайтын таным үдерісінің бір әдісі.* **3.** ауылшар. <көне лат. transplantation> *Бір өсімдіктің (телінуші) жас өркенінің бүршігін (қалемшесін) не көзшесін екінші өсімдікке (телітуші) телу.*

**ҰЛАСУ** *Ұлас етістігінің қимыл атауы; жалғасу, тұтасу, ұштасу.*

**ҰЛҒАЙ=** ет. **1.** *Өсу, көбею.* **2.** *Өршу, шиеленісу.* **3.** *Үдеу, үдей түсу.* **4.** *Ауырлай түсу, тереңдеу, күшею.* **5.** *Кеңею, ауқымы арту.* **6.** ауыс. *Жасы егде тарту, қартайыңқырау.* Ұлғайған кәрілік. стиль. *Әбден қартайған шақ.*

**ҰЛҒАЙМА: ұлғайма атырау.** сушар. *Өзеннің шөгінді жинау әрекеті нәтижесінде аумағы ұлғаятын атырау.*

**ҰЛҒАЙМАЛЫ** сын. *Үнемі ұлғайып, өсіп отыратын.*

**Ұлғаймалы ұдайы өндіріс.** экон. *Қосымша өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын өндіретін өндіріс процесі.*

**ҰЛҒАЙТ=** ет. **1.** *Үлкейту, көбейту.* **2.** ауыс. *Зорайту, маңызын арттыру, мәртебесін көтеру.* **3.** *Кеңейту, ауқымын арттыра түсу.* **4.** *Өршіту, өрбіту, үдету.*

**ҰЛҒАЙТҚЫШ: ұлғайтқыш әйнек**. *Ұсақ нәрсені 3–5 есе үлкейте алатын қарапайым құрал, лупа.*

**ҰЛҒАЙТУ** *Ұлғайт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кеңейту, ауқымын арттыру, үдету.* **2.** *Үлкейту, көбейту.* **3.** *Өршіту, үдету.*

**ҰЛҒАЙТЫЛ=** ет. **1.** *Ірілендірілу.* **2.** *Кеңейтілу, көбейтілу.*

**Ұлғайтылған терезе**. инф. <ағыл. maximized window> *Құжаттың немесе қолданбалы бағдарламалардың жұмыс терезесі ұлғайтылғанда бір өзі экранның бетін толық жауып тұруы.*

**ҰЛҒАЙТЫЛУ** *Ұлғайтыл етістігінің қимыл атауы; ұлкейтілу, ірілендірілу.*

**ҰЛҒАЙЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Үлкейіңкіреу, үдеңкіреу.* **2.** *Егде тарта бастау.*

**ҰЛҒАЙЫҢҚЫРАУ** *Ұлғайыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛҒАТ** зат. *Ұл, тұлға.*

**ҰЛҒАЮ** *Ұлғай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үлкею, кеңею; көлемнің арта түсуі.* **2.** *Өршу, үдеу.* **3.** ауыс. *Адамдардың өсуі, ересек болуы, зораю.*

**ҰЛҒАЯ-ҰЛҒАЯ** үст. *Кеңейген үстіне кеңейіп, шегінен аса.*

**ҰЛДАЙ** сын. *Ұл сияқты, ұл тәрізді.*

**ҰЛДЫ** сын. *Ұл балалы.*

**ҰЛДЫҚ** сын. *Ұлға тән.*

**ҰЛ-ҚЫЗ** зат. **1.** *Оқушы жастар.* **2.** *Бала-шаға, өсіп-өнген ұрпақ.* **3.** *Жас ұрпақ, елдің болашақ тірегі.*

**ҰЛМА-ЖҰЛМА** сын. *Дал-дұл, алба-дұлба.*

**ҰЛПА[1]** сын. **1.** *Мамықтай, ұлпілдеген, жұпжұмсақ.* **2.** *Өте ұсақ, мап-майда.*

**Ұлпа бұлт**. бейн. *Ашық күні болатын аппақ жеңіл бұлт.* **Ұлпа [ұлпек] қар**. *Жаңа жауған жұмсақ қар.* **Ұлпа бұтақ.** поэт. *Тал шыбықтай майысқан, нәзік, сымбатты денелі қыз деген мағынада.*

**ҰЛПА[2]** зат. **1.** бот. <грек. histos; лат. textum> *Өсімдіктердің шыққан тегі, құрылымы және ағзадағы атқаратын қызметі бір-бірімен байланысты жасушалар жүйесі.* **2.** *Кейбір өсімдіктердің басындағы жұп-жұмсақ ұлпілдек бөлшегі.* **3.** зоол. *Жануарлар организмі мүшелерінің құрамына кіріп, арнайы қызметтер атқаратын, шығу тегі, құрылысы, қызметі ұқсас клеткалар мен клеткааралық заттардың тарихи қалыптасқан жүйесі.* **4.** тамақ. <франц. poudre, лат. pulvis> *Ұнтақталған ақ минералдан (тальк), каолиннен, жүгері крахмалынан, бояғыштардан, хош иісті заттардан тұратын косметикалық зат.*

**ҰЛПАБАС** зат. өс. <лат. eriophorum> *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік [Ұлпабастың жапырақтары жіңішке, таспа тәрізді, үш қырлы. Гүлдері көп, қосжынысты, жұқа жаппа қылтандарының қолтығына бір-бірден орналасып, масақ құрайды].*

**ҰЛПАДАЙ** сын. *Жұп-жұмсақ, мап-майда.*

**ҰЛПАЛАН=** ет. *Жұп-жұмсақ, мап-майда болу.*

**ҰЛПАЛАНУ** *Ұлпалан етістігінің қимыл атауы. Жұмсақ, майда болу.*

**ҰЛПАН** зат. *Аңның ұлпілдек жүнді өңделген бағалы терісі.*

**ҰЛПАНДЫ** сын. *Ұлпілдек жүнді, терісі бағалы.* **Ұлпанды аңдар**. *Жабайы немесе қолда өсірілетін түгі мамық, бағалы аң.*

**ҰЛПА-ОТАНЫМЕН** үст. *Түп-тамырымен, тұқым-жұрағатымен, зәузәтімен.*

**ҰЛПАТ** сын. көне. *Шын берілген, жақын (дос туралы). // Жақындық, достық.*

**ҰЛПАТТАС=** ет. *Ынтымақтасу, пікірлесу.*

**ҰЛПАТҮЗІЛУ** зат. биол. <лат. histogenesis, грек. histos – ұлпа, genesis –түзілу, даму> *Ұрықтық даму кезіндегі ұрық жапырақшалары мен бірлік мүшелерден энтодермадан ұрықтық (ішектік) және ұрықтан тыс энтодерма, тыныс алу, ас қорыту мүшелерінің эпителий қабаттары мен бездері және ұрықтың сарыуыз қапшығының эпителий қабатының даму процесі.*

**ҰЛСЫЗ** сын. *Ер баласыз; азаматсыз.*

**ҰЛТ** зат. **1.** қоғ.-саяси. *Тіл, территория, экономикалық өмір тұтастығы негізінде және психологиялық мінез-құлықтың ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік, этникалық тұтастығы, адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этностық қауымының жоғарғы түрі.* **2.** *Ел, жұрт, ұлыс, бір елдің халқы.* **3.** *Этнос, бір тілде сөйлейтін, тарихи жады ортақ, әрбір мүшесі өзін тілдік, мәдени, ділдік, діндік жағынан ортақ санамен бірегейлендіретін тарихи, мәдени, рухани қауым. // Ұлтқа тән, ұлттық.*

**Ұлт аспаптар оркестрі.** муз. *Құрамы әр ұлттың өзіне тән музыкалық аспаптарынан тұратын, музыканттар тобы.* **Ұлт мәселесі**. қоғ.-саяси. *Ұлттардың, этникалық топтардың, халықтардың арасындағы саяси, экономикалық, аумақтық, құқықтық, идеологиялық және мәдени қатынастардың жиынтығы.* **Ұлт мектебі**. *Белгілі бір ұлтқа қызмет ететін түлек тәрбиелейтін мектеп.* **Ұлт меншігіне айналдыру.** саяси.-экон. <франц. nationalisation> *Жеке кәсіпорындардың, жердің, банктердің, көліктің, басқа да құралдардың мемлекет меншігіне өтуі.* **Ұлт меншігіне айналдырылған тауар.** саяси.экон. *Кеден бақылауынан өткен және осы елдің экономикалық аумағында еркін сату үшін рұқсат етілген импорттық тауар.* **Ұлт [ұлттық] намысы.** *Бүтіндей бір ұлттың адамгершілік, ар-ождан, ділі тұрғысынан жоғары бағаланатын, өз бет-бейнесін, бірегейлігін сақтап қалу жолындағы күресінен көрініс табатын жалпы ұлттық сананың көрінісі ретіндегі этностың ең нәзік, ең жоғары сезімі.* **Ұлт саясаты.** *Көпэтникалық мемлекеттің өз аумағындағы ұлттар, ұлыстар мен халықтарға қатысты саясаты.* **Ұлттар ұйымы**. тар. *Бірнеше мемлекеттерден құралған халықаралық ұйым.* **Ұлттың рухани өмірі**. мәд. *Өмір сүруінің экономикалық және жаратылыстық-тарихи негіздерін бейнелейтін ұлттық (этностық) қоғамдастықтың тіршілік қарекеті мен өзін-өзі көрсетуінің ерекше нысаны.* **Ұлт шаруашылығы**. саяси.-экон. *Белгілі бір аумақтық шекараларда тарихи тұрғыда қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесі.*

**ҰЛТАБАР**[1] зат. <лат. diodeni> **1.** *Жалбыршақ қарын мен он екі елі ішекке жалғасып біткен ас қорыту мүшесі.* **2.** анат. <лат. abomasum> *Күйісті жануарлардың көп бөлімді қарнының соңғы безді бөлімі.*

**Ұлтабар құрты**. <лат. haemonchosis> *Малдың ұлтабарын зақымдап, қанын азайтып, денесіне көптеген ісік түсіретін күйіс қайыратын малдардың құрт ауруы.* **Ұлтабар ұшы бездері.** <лат. glandula duadenum, лат. glandula – без, duadenum – ұлтабар ұшы, 12 елі ішек> *Құрылысы жағынан күрделі түтікше немесе көпіршікті-түтікше бездерге жататын ұлтабар ұшы ішегі кілегейлі асты негізде орналасқан, қабырғалық асқорыту безі.*

**ҰЛТ-АЗАТТЫҚ** сын. тар. *Ұлттың жаппай қатысуымен болатын және бодауға тәуелділікке қарсы.*

**Ұлт-азаттық армия [әскер]**. тар. *Екінші дүниежүзілік соғыс кезі мен ол аяқталған соң, отаршылдықтан құтылу, басқыншылар мен ішкі контрреволюцияға қарсы күресуші елдердегі халықтардың қарулы күштерінің аты.* **Ұлт-азаттық революция [төңкеріс].** тар. *Шетел жаулаушылары, отарлаушыларына тәуелді болып келген отар немесе жартылай отар елдерді ұлттық тәуелсіздікке жеткізетін революциялық процесс.*

**ҰЛТАН** зат. **1.** *Аяқкиімнің табанына салатын қалың, қатты былғары. // Ұлтан болуға жарайтындай қалың, қатты.* **2.** ауыс. *Қаратабан, кедей.* **3.** ауыс. *Өзеннің, сайдың, көлдің, жыраның т.б. табаны.* **4.** вет. <лат. solea ungulae> *Түйе табанының мүйізді қалың қабаты.*

**Ұлтан белбеу [белдеу]**. *Жалпақ белбеу.* **Ұлтан шершеуі**. вет. <carilago pulvini> *Түйе табанындағы шеміршекті (шершеулі) қабат.*

**ҰЛТАНДА=** ет. *Аяқкиімге ұлтан салу.*

**ҰЛТАНДАТ=** ет. *Аяқкиімге ұлтан салғызу.*

**ҰЛТАНДАТТЫР=** ет. *Аяқкиімге ұлтан салдырту.*

**ҰЛТАНДАТТЫРУ** *Ұлтандаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТАНДАТУ** *Ұлтандат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТАНДАУ** *Ұлтанда етістігінің қимыл атауы; аяқкиімге ұлтан салу.*

**ҰЛТАНДЫ** сын. **1.** *Ұлтандалған, ұлтан салған.* **2.** ауыс. *Мықты, күшті.*

**ҰЛТАНДЫҚ** сын. *Ұлтан боларлық, ұлтанға жарарлық.*

**Ұлтандық тері.** *Ұлтан жасауға арналған тері.*

**ҰЛТАНСЫЗ** сын. *Ұлтаны жоқ, ұлтаны түсіп қалған.*

**ҰЛТАР=** ет. *Қонышты аяқкиімді бастау, жаңадан ұлтан салу.*

**ҰЛТАРАЗДЫҚ** зат. *Ұлттар арасындағы қақтығыс, қырғиқабақтық.*

**ҰЛТАРАҚ** зат. *Аяқкиімнің ішінен табанға салатын төсеніш з а т .*

**Ұлтарақ қылды.** *Намысына тиді, қорлады, аяқасты етті.*

**ҰЛТАРАҚТАЙ** сын. *Көлемі кішкентай, алақандай.* **Ұлтарақтай жер.** этн. *Азғантай, болмашы жер.*

**ҰЛТАРАҚТЫҚ** сын. *Ұлтарақ боларлық.*

**ҰЛТАРАЛЫҚ** сын. кіт. *Ұлттар арасындағы, ұлт пен ұлт арасындағы.*

**Ұлтаралық банктер.** экон. а) *Шетелдік активтері бар және халықаралық операцияларды жүзеге асыратын бірқатар ірі елдердің ірі банк институттары.* ә) *Түрлі елдерде, түрлі аяларда, түрлі валюталармен операциялар жасайтын әмбебеп түрпаттығы халықаралық қаржы-несие кешені.* **Ұлтаралық келісім.** саяси. *Қазақстан тәуелсіздігін алған соң елдегі титулдық ұлт – қазақтардың басқа ұлттармен татулығы негізінде жаппай қоғамға тән сипат алып, мемлекет саясатында басшылыққа алынған ұлттар арасындағы жақын, жылы қарым-қатынас.* **Ұлтаралық компаниялар.** экон. *Қызметін өзі тіркелген елден сырт жерде жүзеге асыратын фирмалар [Негізінен қызмет бір не бірнеше шетелдің аумағындағы тәуелді немесе бақыланбалы заңды тұлғалардың ұйымы арқылы жүзеге асырылады. Ел аумағында шетелдік инвесторлардың қатысуымен құрылған барлық заңды тұлғалар, біріккен кәсіпорындар дейтіндер ұлтаралық фирмалар болып табылады].* **Ұлтаралық корпорациялар.** экон. *Шетелден тікелей инвестицияланатын БҰҰ-ның анықтамасы бойынша жылдық айналымы 100 млн доллардан асатын және кем дегенде алты елде бөлімшелері бар мекемелер.* **Ұлтаралық қақтығыс.** саяси. *Түрлі ұлттардың, этникалық топтардың арасында тәуелсіздікке, саяси билікке ұмтылуға, жер дауына, діни, этникалық кемсітушілікке, т.б. себептерге байланысты туатын шиеленіс.* **Ұлтаралық қаржы-өнеркәсіптік топтары.** саяси. *Қатысушылары арасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің құзыретіндегі, аталмыш мемлекеттердің аумағында оқшауланған бөлімшелері бар, не олардың аумағында күрделі жұмсалымды жүзеге асыратын заңды тұлғалардан құралатын қаржы-өнеркәсіптік топтар.* **Ұлтаралық [этносаралық] қатынас.** қоғ.-саяс. *Көп ұлтты, көпэтникалы қоғамда өмір сүріп жатқан ұлттар мен этностардың өзара қатысу мәдениеті.* **Ұлтаралық монополия.** экон. *Капиталы бойынша ұлттық және қызмет аясы бойынша халықаралық ірі өнеркәсіптік бірлестік.* **Ұлтаралық тіл.** саяси. *Көпэтникалық мемлекеттерде халықтардың өзара қарым-қатынастарын қамтамасыз ететін сөйлеу құралы.*

**ҰЛТАРМА: ұлтарма бас етік.** этн. *Басы мен қонышын тұтас пішіп алып, бітеу бастап ұлтарған етік.*

**ҰЛТАРТ=** ет. *Ұлтарақ салдырту.*

**ҰЛТАРТУ** *Ұлтарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТАРУ** *Ұлтар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұлтарақ салу.* **2.** этн. *Етікті бітеу бастап тігу. // Ұлтарып тігуге арналған.*

**ҰЛТАРЫЛ=** ет. *Ұлтаны тігілу, ұлтарақ салыну.*

**ҰЛТАРЫЛУ** *Ұлтарыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТБЕЗЕРЛІК** зат. *Өз ұлтының тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын білмеушілік; ұлтының намысын аяққа басушылық.*

**ҰЛТЖАНДЫ** сын. *Өзінің ұлтын қалтқысыз сүйетін (адам).*

**ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ** зат. *Өз ұлтының тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі, өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.*

**ҰЛТСЫЗ** сын. **1.** *Ұлты жоқ.* **2.** *Ұлтын ұмытқан.*

**ҰЛТСЫЗДАН=** ет. *Бір ұлттың екінші бір (үстем) ұлтқа сіңіп, өзінің төл ұлттық құндылықтарын жоғалтуы, мәдениеті мен салт-дәстүрін, ділі мен тілін ұмытуы.*

**ҰЛТСЫЗДАНДЫР=** ет. *Ұлттық мәдениет пен дәстүрді, тілін әлсірету, ұлттық құндылықтарды жою.*

**ҰЛТСЫЗДАНДЫРУ=** ет. *Ұлтсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТСЫЗДАНДЫРЫЛ=** ет. *Ұлттық қасиетінен айыртылу, мәңгүрттендірілу.*

**ҰЛТСЫЗДАНУ** *Ұлтсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТСЫЗДЫҚ** зат. *Ұлттық құндылықтарды, мәдениеті мен салт-дәстүрін, ділі мен тілін ұмытушылық.*

**ҰЛТТАНДЫРУ** *Ұлттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛТТАНУ** зат. *Ұлтқа айналу.*

**ҰЛТТАСТЫРУ** зат. саяси. *Мемлекеттік меншікке алу, халық байлығын жеке қолдан мемлекетке өткізу.*

**ҰЛТТЫ: көп ұлтты.** *Көптеген ұлттардың басы қосылған, бірнеше ұлттан тұратын.*

**ҰЛТТЫҚ** сын. **1.** *Белгілі бір ұлтқа тән, ұлтқа қатысты; ұлт ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын.* **2.** *Ұлттық ауқымдағы, мемлекет деңгейіндегі.* **3.** *Бүкіл ұлт мүддесіне жұмыс істейтін, ұлт қамын жейтін. // Ұлтқа қатыстылық, ұлтқа тән болушылық, ұлттық қасиет.*

**Ұлттық ақша жүйесі.** саяси. экон. *Елдегі ақша айналысын ұйымдастырудың тарихи тұрғыда қалыптасқан және заңмен баянды етілген нысаны.* **Ұлттық бағдарлама.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттің құрған жаппай ұлттың мүддесіне байланысты белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған шараларының кешенді жүйесі.* **Ұлттық байлық.**

экон. *Бір ұлттың қауымдастығына жататын адамдардың еңбегімен қорланған және белгілі бір кезеңде ел аумағында бар материалдық игіліктер, сондай-ақ, табиғат ресурстары, халық байлығы.* **Ұлттық басылымдар.** *Белгілі бір ұлттың тілінде жарыққа шығатын газет-журналдар.* **Ұлттық валюта.** саяси. экон. *Мемлекет (мемлекеттік банк немесе ұлттық банк) осы мемлекеттік аумағында есептесу және төлем төлеу кезінде пайдалану үшін шығаратын ақша өлшемі; белгілі бір мемлекетте қабылданған ақша төлемі: теңге, сом, рупий т.б. ұлттық, есеп бөлшегі және төлем құралы.* **Ұлттық валюта жүйесі.** саяси. экон. *Валютаның елдің сыртқы экономикалық байланыстарын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуін көздейтін экономикалық ақша-несие қатынастарының жиынтығы.* **Ұлттық дәстүр.** *Тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мінез-құлық қалыптары.* **Ұлттық дүниетаным.** филос. *Адам мен табиғатқа, құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның көзқарасын білдіретін, қоршаған ортамен қатынасын қалыптастыратын қоғам мүшелеріне ортақ, ұлттық негіздегі жүйе.* **Ұлттық есептеу жүйесі.** экон. *Елдің есептеу институттарының: депозитарийлік қызметті жүзеге асырушы ұйымдардың, бағалы қағаздар иелерінің тіркелімін жүргізу қызметін жүзеге асырушы ұйымдардың жиынтығы.* **Ұлттық ескерткіш.** *«Мемлекеттік ескерткіш» ұғымының синонимі, яғни мемлекеттің қорғауындағы ескерткіш.* **Ұлттық идея.** *Ұлтты белгілі бір мақсатқа бағыттайтын, жұмылдыратын ортақ мүдде.* **Ұлттық кадр.** *Белгілі бір ұлт өкілдерінен шыққан немесе ұлт мүддесіне жұмыс істейтін маман.* **Ұлттық келісім.** *Ұлттардың бір мемлекет аумағында өзара татулық пен бейбіт қатар өмір сүру қағидасы.* **Ұлттық киім.** *Белгілі бір ұлтқа тән, ұлт ерекшеліктерін көрсететін, киім.* **Ұлттық күрес.** саяси. *Белгіл бір ұлттың мүддесін қорғауға бағытталған үздіксіз жүргізілетін іс-қимыл, рухани актілер.* **Ұлттық кітапхана.** *Анықтамалық-библиографиялық жұмыстар жүргізетін, баспа өнімдері мен жазбалар жинайтын және сақтайтын мемлекеттік мәртебесі бар мекеме.* **Ұлттық қарулы күштер.** әск. саяси. *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы ұйымы; ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өмірлік маңызды мүдделерін қарулы күш-құралдарымен жеке және ұжымдық қорғау үшін құрылған, тәуелсіз мемлекеттің маңызды институттарының бірі.* **Ұлттық қауіпсіздік.** саяси. *Ұлттың (мемлекеттің) өмірлік қарекетін қамтамасыз ететіндей күй, беталыс және жағдайлар.* **Ұлттық қозғалыс.** саяси. *Белгілі бір ұлттың мүддесін қорғауға арналған ұлт ішінен шыққан ұйымдасқан топтардың келісім жүргізген шаралары.* **Ұлттық құндылық.** филос. *Белгілі бір ұлттың мүддесіне, таным-түсінігіне бағытталған мәнділік.* **Ұлттық мақтаныш.** *Бүкіл бірұлтқа ерен еңбегі, ерлігі, рухы, күш-қайраты, елжандылығымен танымал болған тұлғаларға қатысты туындайтын жаппай бір ұлтқа тән позитивті сезім.* **Ұлттық мектеп.** *Әрбір ұлттың тілін, тарихын және сол ұлт тілінде барлық пәндерді оқытатын мектеп.* **Ұлттық мемлекет.** саяси. *Бір ұлттың негізінде, яғни мемлекетқұрушы ұлттың тарихи қалыптасу, даму барысында сол ұлттың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекет.* **Ұлттық мүдде.** *Белгілі бір ұлтқа тән көзқарастар жиынтығы, тұтас бір ұлттың болашағының рухани біртұтастығын қамтамасыз ететін қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекетінің, өмір сүру бағдарының негізгі, қозғаушы күші.* **Ұлттық мінез.** *Белгілі бір халыққа, елге тән мінез-құлық, дәстүр.* **Ұлттық намыс.** *Әрбір ұлт өкілінің отансүйгіштік қасиетін көрсететін жігерлі сезімінің, саналы іс-әрекетінің көрінісі; ұлттық санасының жоғары деңгейін көрсететін әлеуметтік-психологиялық, эмоциялық жеке адамға немесе белгілі бір қауымға тән сезім.* **Ұлттық нан.** тамақ. *Қазақ халқының дастарқан мәзіріне тән ашыған қамырдан от шоғына пісірілетін нандар.* **Ұлттық нарық.** экон. *Бір елдің мемлекеттік шекарасының аумағымен шектелген жалпы ішкі нарық.* **Ұлттық нигилизм.** *Ұлттық ерекшеліктерді, құндылықтарды мойындамау, жоққа шығару.* **Ұлттық ойындар.** *Белгілі бір халыққа тән, қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері.* **Ұлттық психология.** әлеум.-псих. *Белгілі бір ұлттың қауымдастыққа тән орнықты сезімдік, эмоциялық қасиеттердің, әлемді ұғыну әдістері мен оған әсер-ықпал нысандарының тарихи түрғыда қалыптасқан жинақтамасы.* **Ұлттық республика.** саяси. *Республика түрінде құрылған ұлттық мемлекет.* **Ұлттық рух.** қоғ.-мәд. *Ұлттық сананың заттық және рухани мәдениеттегі көрінісі арқылы берілетін әлеуеті, күш-қуаты; ұлтшылдық, елжандылық сезімнің күштілігі, ұлттық сананың биік түрі.* **Ұлттық руханият.** *Тұтас бір ұлттың рухани мұрасы, құндылығы.* **Ұлттық [өзіндік] сана.** филос. *Белгілі бір тарихи қалыптасқан, бірдей бірегейліктегі, бір тілде сөйлейтін қауымдастықтың қоғамдық шындықты өзінше қабылдап, оны салт-дәстүр, тілі, өнері арқылы білдіруі; ұлттық-этникалық топтың әлеуметтік, саяси, экономикалық, эстетикалық, діни, философиялық т.б. көзқарастар жиынтығынан тұратын, рухани даму деңгейі мен ерекшелігін көрсететін ұғым.* **Ұлттық сана-сезім.** *Ұлтқа тән сана мен отансүйгіштік, елжандылық, ұлттық намыс сияқты күрделі сезімдер жүйесі.* **Ұлттық саябақ.** *Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар нысандарының бірі.* **Ұлттық саясат.** саяси. *Белгілі бір ұлт мүдделерінің шеңберінде жүргізілетін мемлекеттік саясат.* **Ұлттық спорт түрлері.** спорт. *Әр ұлтқа тән, тұрмыс-салтына ыңғайландырылған, ертеден келе жатқан дене тәрбие жүйесіне жататын спорт түрлері.* **Ұлттық стандарт.** *Стандарттау жөніндегі ұлттық орган қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт.* **Ұлттық сусындар.** тамақ. *Сүт және сүт өнімдерінен дайындалатын, сондай-ақ жарма дәндерінен қайнатылатын сусындар.* **Ұлттық табыс.** экон. а) *Бір жылда өндірілген тұтыну заттары және өндіріс құрал-жабдықтары.* ә) *Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылаушы көрсеткіші.* **Ұлттық табыстың икемділігі.** экон. *Өндіріс түрткіжайттарының кез келгенін 1 пайызға ұлғайтқанда, ұлттық табыстың қанша пайызға өзгергенін сипаттайтын көрсеткіш.* **Ұлттық тағамдар.** тамақ. *Қазақтың дәстүрлі дастарқан мәзіріне тән ас-су.* **Ұлттық тауар.** экон. *Белгілі бір мемлекеттің экономикалық аумағында өндірілген тауар.* **Ұлттық тәуелсіздік.** саяси. *Белгілі бір ұлттың (мемлекеттің) басқа елдің бодауынан, тәуелділіктен өз алдына дербестігі, егемендігі.* **Ұлттық теңдік.** саяси. *Белгілі бір ұлттың (мемлекеттің) өзге ұлттармен (мемлекеттермен) бірдей мәртебеде болуы.* **Ұлттық тұтастық.** *Белгілі бір ұлттың берік бірегейлігі.* **Ұлттық тіл.** *Ұлт болып қалыптасқан халықтың рухын, ділін, мәдениетін көрсететін қарым-қатынас құралы, ұлттық бірегейліктің қажетті де ең маңызды нышаны.* **Ұлттық ұлан.** әск. *Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлттық әскери құрамының маңызды мемлекеттік әскери шараларды жүзеге асыруға, мемлекеттік нысандарды қорғауға арналған бөлігі.* **Ұлттық шовинизм.** саяси. *Әсіреұлтшылдық көзқарас.* **Ұлттық шоттар.** экон. *Белгілі бір уақыт кезеңінде экономика дамуының сандық сипаттамасы болып табылатын шоттар мен баланстық кестелер жүйесі.* **Ұлттық шоттар жүйесі.** экон. *Көрсеткіштері табыстың, тұтынудың, қорланудың мөлшерін және күрделі шығынның шамасын анықтауға арналған баланстық кестелердің өзара байланысты кешені.* **Ұлттық экономика.** саяси. экон. *Көбінесе қызметі елдің экономикалық аумағында жүзеге асырылатын шаруашылық бірліктердің жиынтығы (үкімет, жеке тұлғалар, пайда алмайтын жекеше ұйымдар, кәсіпорындар, фирмалар, компаниялар, т.б.).* **Ұлттық элита.** қоғ.-саяси. *Әр ұлттың құрамындағы қоғамдық өмірдің барлық салаларына негұрлым белсенді ықпал ететін зиялы топтары.*

**ҰЛТТЫҚ-БАҒЫТТЫ: ұлттық-бағытты білім.** пед. *Оқушының өз ұлттық мәдениетін игеріп, әрі қарай дамытуға бағытталған оқытудың ұстанымдық құрылымы, мазмұны мен технологиясы.*

**ҰЛТШЫЛ** сын. **1.** жағымды. *Ұлтжанды, ұлтының мүддесін жеке мүддесінен жоғары қоятын, азаматтық парызын жауапкершілікпен сезінетін.* **2.** сов. *Әсіреұлтшылдықты жақтаушы, соның сойылын соғушы, өз ұлтын тәкаппарлықпен басқа ұлттан артық көруші, өзге ұлтты кемсітуші.*

**Ұлтшыл бұқара.** *Ұлтжанды азаматтар, халық өкілі.*

**ҰЛТШЫЛДЫҚ** зат. қоғ.-саяси. **1.** *Төлэтникалық құндылықтары мен мақсат-мұраттарын құрметтеуімен сипатталатын адам санасындағы әлеуметтік-саяси және психологиялық-этникалық құбылыс.* **2.** совет. *Кеңестік идеология бойынша ұлттар арасындағы алауыздықты насихаттайтын, еңбекшілер мүддесіне жат буржуазиялық идеология мен саясат.*

**ҰЛУ**[1] зат. **1.** зоол. <лат. molluscus> *Омыртқасыз, көпшілігі сауытты, былқылдақ денелілерге жататын жануар түрі.* **2.** *Сыртында бақалшақ сауыты болатын, өте баяу қозғалатын, шырышты жұмсақ денелі жәндік.* **3.** *Осы жәндіктің сыртқы қатты қабығы.* **4.** этн. *Ескіше жыл аты – мүшел есебінің бесінші жылына негіз болған жәндік аты.*

**Ұлу жылы.** *Қоян жылынан кейін, жылан жылынан бұрын келеді, әрбір 12 жылда қайталанып отыратын мүшел есебінің 5-жылы.*

**ҰЛУ**[2] зат. анат. *Ішкі құлақтың ұлуға ұқсас бөлігі.*

**ҰЛУ**[3] *Ұлы етістігінің қимыл атауы; қасқырдың не иттің қатты созып үн шығаруы.*

**ҰЛУТАС** зат. геол. *Теңіз жағалауларында ұлу қабыршақтарының қалдықтарынан пайда болған жыныс.*

**ҰЛУҒ** сын. ескікіт. *Ұлы.*

**ҰЛША** үст. *Ұл секілді, ұлға ұқсап.*

**ҰЛЫ** сын. **1.** *Ұлан-асыр, аса үлкен, ауқымы зор.* **2.** ауыс. *Асқан маңызды, теңдесі жоқ, ғаламат.* **3.** *Асқан кемеңгер, данышпан; атақты, озық ойлы. // Ұлы адам, ұлы тұлға.* **4.** *Асқақ, биік.*

**Ұлы ата.** *Үлкен ата, әулеттің негізін қалаған арғы ата.* **Ұлы әңгіме.** әдеб. *Роман-эпопея, бір ұлттың тұтас бір тарихи кезеңін кейіпкерлері тағдыры арқылы сипаттайтын ауқымды прозалық көркем шығарма жанры.* **Ұлы бесін.** а) *Күннің қақ маңдайға келген кезі.* ә) *Бесін намазын оқитын уақыт, түс маңдайдан енді ауған кез.* **Ұлы дала.** көтеріңкістиль. *Кең байтақ, аса ауқымды жерді алып жатқан киелі мекен (қазақтың тарихи жері туралы).* **Ұлы достық.** поэт. *Биік, жоғары сезім.* **Ұлы дүбір.** а) *Бүкіл қауым жиналып өткізетін қызықты да думанды жиын-той, жарыс т.б.* ә) *Жалпыхалықтық үлкен іс, қозғалыс.* б) экспр. *Жанкүйер көп жиналатын спорттық ойындардың шешуші жарыстары деген мағынада.* **Ұлы жеңіс.** *Үлкен, орасан, зор табыс.* **Ұлы жол.** *Дұрыс бағыт, оң, адал жол.* **Ұлы жүз.** этн. *Қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі; негізінен, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ру-тайпалар бірлестігі.* **Ұлы жібек жолы.** *Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы.* **Ұлы керуен.** поэт. *Үлкен, ұлы көш, өзгеріс, дәуір.* **Ұлы кеуде.** *Тәкаппар, кісілік.* **Ұлы күмбез.** сәулет. *Ғимараттың ең үлкен, негізгі күмбезі.* **Ұлы Октябрь социалистік революциясы.** тар. сов. *Россияда пролетариат диктатурасын орнатқан тарихтағы алғашқы социалистік төңкеріс.* **Ұлы Отан соғысы.** тар. *1941–1945 жылдарда КСРО-ның фашистік басқыншыларға қарсы жүргізген, кеңес халқының жеңіспен аяқтаған Отан қорғау соғысы.* **Ұлы Отан соғысының ардагері.**

совет. *19411945 жылдарда фашистік басқыншыларға қарсы жүргізілген Отан қорғау соғысына қатысқан адам.* **Ұлы сәске.** этн. *Күн арқан бойы көтерілген (түс мезгіліне таянған) кез.* **Ұлы сезім.** поэт. *Адам баласын жақсылыққа жетелейтін асқақ ой, терең толғаныс.* **Ұлы сөз.** *Мағыналы да мәнді, ойлы сөз.* **Ұлы той.** *Үлкен мереке, ұлан-асыр той.* **Ұлыстың ұлы күні.** а) көне. *Қазақтың ескі күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басы (22 март) наурыз.* ә) *Салтанатты, қуанышты, мерекелі күн.* **Ұлы түс.** *Тал түс, шаңқай түс.*

**ҰЛЫ=** ет. **1.** *Иттің, қасқырдың даусын созып үн шығаруы.* **2.** ауыс. *Боранның, желдің гуілдеп, азынап қатты соғуы.* **3.** ауыс. *Үннің, дыбыстың созылып, гуілдеп шығуы.* **4.** ауыс. *Сөзін сөйлеу, жоғын жоқтау, сойылын соғу.*

**ҰЛЫҒ** сын. ескікіт. *Ұлық (мәртебелі).*

**ҰЛЫҒУ** *Ұлық етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛЫ-КІШІ** зат. *Үлкені мен кішісі, барша жұрт.*

**ҰЛЫҚ** зат. көне. **1.** *Ертеректегі қазақ қоғамындағы ел билеуші әлеуметтік топ өкілі.* **2.** *Билеуші, әкім.* **3.** *Тәкаппар, өр-көкірек, менмен адам.* **4.** *Өктем, үстем тап, езуші, қанаушы.*

**Ұлық қылды.** *Ел билетті, қолына билік берді.* **Ұлық тұтты.** *Басымдық берді, қастерледі.*

**ҰЛЫҚ**[2] сын. көне. **1.** *Ұлы, қасиетті.* **2.** діни. *Ұлылардың ұлысы, ең мәртебелі деген мағынадағы Алла тағалаға тән мадақ.* **3.** *Аса мәртебелі деген мағынадағы жоғары лауазымды ел билеушісін ұлықтау сөз.* **4.** ауыс. *Ұлан-асыр, аса үлкен.*

**Ұлық болсаң, кішік бол.** *Негүрлым мәртебелі, үлкен т.б. болсаң, соғүрлым кішіпейіл бол деген мағынада.*

**ҰЛЫҚСАТ** зат. сөйл. ***Рұқсат.***

**ҰЛЫҚСАТСЫЗ** сын. сөйл. *Рұқсатсыз.*

**ҰЛЫҚСУ** *Ұлықсы етістігінің қимыл атауы. Ұлық болғансу, ұлықпын деу.*

**ҰЛЫҚСЫ=** ет. *Жақтырмау, ұлық болғансу, өзін ұлықпын деу.*

**ҰЛЫҚСЫН=** ет. *Ұлық болғансу.*

**ҰЛЫҚСЫНУ** *Ұлықсын етістігінің қимыл атауы. Ұлық болғансу, ұлықпын деу.*

**ҰЛЫҚТА=** ет. **1.** *Ерекше құрметтеу, қадір тұту.* **2.** саяси. *Мәртебелі тұлғаның қызметіне кірісуінің салтанатты рәсімін өткізу.*

**ҰЛЫҚТАЛ=** ет. *Ерекше құрмет көрсетілу.*

**ҰЛЫҚТАЛУ** *Ұлықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛЫҚТАУ**[1] зат. саяси. <ағыл. inauguration> *Таққа отырған монархты немесе билік басына келген мәртебелі қызметке сайланған билеушінің ресми түрде қызметіне кірісуінің салтанатты рәсімі.*

**ҰЛЫҚТАУ**[2] *Ұлықта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қадірлеу, құрмет тұту.* **2.** ауыс. *Жұрт алдында мадақтау.*

**ҰЛЫҚТЫҚ**[1] зат. *Ұлық, әкім болушылық, соған тән іс-әрекет, мінез-құлық.*

**ҰЛЫҚТЫҚ**[2] зат. *Ұлылық, данышпандық.*

**ҰЛЫҚШЫЛ** сын. *Ұлықты жақтаушы, ұлық болуға құмар.*

**ҰЛЫЛА=** ет. *Ұлылығын таныту, тұлғаландыру, ұлықтау.*

**ҰЛЫЛАН=** ет. *Ірілену, биіктеп тұлғалану.*

**ҰЛЫЛАНУ** *Ұлылан етістігінің қимыл атауы. Ірілену,биіктеп тұлғалану.*

**ҰЛЫЛЫ-КІШІЛІ** сын. *Үлкенді-кішілі, ірілі-уақты.*

**ҰЛЫЛЫҚ** зат. *Кішілік, қарапайымдылық, т.б. сияқты ұлыға тән қасиет. // Ұлы адам, ұлы тұлға.*

**Ұлылық көзі.** *Даналық пен мәңгі құндылықтардың бастауы.*

**ҰЛЫМА** зат. эвф. *Қасқыр.*

**ҰЛЫС** зат. көне. **1.** *Рулық бірлестік; әулет.* **2.** тар. көне. *Мекен, аймақ, әкімшілік мағынасын беретін көне түркі сөзі.* **3.** ауыс. *Бүкіл ел, барлық халық.*

**Ұлыс күні. *Ұлыстың ұлы күні.* Ұлыстың ұлы күні [ұлыс күні].** этн. *Қазақ күнтізбесіндегі жаңа жылдың бірінші айының бірінші күні (22 наурыз); Жыл басы ретінде тойланатын наурыз мерекесінің алғашқы күні.*

**ҰЛЫС=** ет. *Қасқырдың не иттің жан-жақтан қатты созып үн шығаруы.*

**ҰЛЫСАРАЛЫҚ** сын. *Ұлыстар арасындағы.*

**ҰЛЫСБЕГІ** зат. тар. көне. *Моңғолстан мемлекетіндегі жоғарғы лауазым.*

**ҰЛЫСТЫҚ** сын. *Рулық бірлестікке тән, рулық-қауымдық.*

**ҰЛЫСУ** *Ұлыс етістігінің қимыл атауы. Қасқырдың не иттің жан-жақтан қатты созып үн шығаруы.*

**ҰЛЫТ=** ет. **1.** *Қасқырды, итті созып үн шығарту.* **2.** ауыс. *Қырып-жойып, зар қақсату, шулату.*

**ҰЛЫТУ** *Ұлыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰМА** зат. **1.** анат. <лат. scrotum> *Енқаптың сыртқы етті-терілі қабығы.* **2.** *Еркек малдың аталық зәр шығару мүшелерінің тері астындағы сыртқы бөлігі.*

**Ұма майы шайқалған [қалпақтай].** *Мықты ат сыны.*

**ҰМАР-ЖҰМАР** үст. **1.** *Бірінің үстіне бірі шыққан, опыр-топыр, үйме-жүйме.* **2.** *Үсті-үстіне, қатар-қабат.*

**ҰМАШ** зат. этн. *Қазақтың ұлттық тағамы – көженің бір түрі.*

**ҰМБАР-ЖҰМБАР** сын. *Жұмбаздалған, ұмар-жұмар.*

**ҰМСЫН=** ет. **1.** *Ілгері қарай ұмтыла түсу, талпыну.* **2.** *Ұсынған болу, ишарат ету, мезірет қылу.* **3.** ауыс. *Бой алдыру.* **4.** *Қол созып, сұрау.* **5.** *Талаптану, тырысу.*

**ҰМСЫНДЫР=** ет. *Мезірет еткізу, ишарат қылдыру, дәмелендіру.*

**ҰМСЫНДЫРУ** *Ұмсындыр етістігінің қимыл атауы; мезірет ету, ишарат қылу, дәмелендіру.*

**ҰМСЫНТ=** ет. **1.** *Алға ұмтылу, ентелеу.* **2.** *Ынтықтыру, дәмелендіру.*

**ҰМСЫНТУ** *Ұмсынт етістігінің қимыл атауы; мезірет ету, дәмелендіру; ентелту.*

**ҰМСЫНУ** *Ұмсын етістігінің қимыл атауы; ұсыну, созу.*

**ҰМТЫЛ=** ет. **1.** *Ілгері қарай ентелеу, омыраулау.* **3.** ауыс. *Болашақты ойлау, ертеңгі күннің қамын жеу, алға жылжу.* **4.** *Секіру, жүйткіп жылжу.* **5.** *Қимыл-ишарат ету, әрекеттену.*

**ҰМТЫЛҒЫШ** сын. *Талаптанғыш, тырысқыш.*

**ҰМТЫЛДЫР=** ет. *Талаптандыру, алға жетелеу.*

**ҰМТЫЛДЫРУ** *Ұмтылдыр етістігінің қимыл атауы; талаптандыру, алға жетелеу.*

**ҰМТЫЛТ=** ет. *Талаптандыру, қанаттандыру.*

**ҰМТЫЛТУ** *Ұмтылт етістігінің қимыл атауы; талаптандыру, қанаттандыру.*

**ҰМТЫЛУ** *Ұмтыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұмсыну, алға қарай ентелеу.* **2.** *Талаптану, тырысу.* **3.** *Киіп-жару, басқалардың мүддесін аяққа басып, баса-көктеу.* **4.** *Зымырау, зулау.* **5.** *Мақсат тұту, әрекеттену.*

**ҰМТЫЛУШЫЛЫҚ** зат. *Талаптану шылық, тырысушылық.*

**ҰМТЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Ілгері қарай сәл ұмтыла түсу, ентелей түсу.*

**ҰМТЫЛЫҢҚЫРАУ** *Ұмтылыңқыра етістігінің қимыл атауы. Ілгері қарай сәл ұмтыла түсу, ентеленқіреу.*

**ҰМТЫЛЫС**[1]**=** ет. *Ілгері қарай ентелесу.*

**ҰМТЫЛЫС**[2] зат. *Ілгері басушылық, құлшыныс.*

**ҰМТЫЛЫСУ** *Ұмтылыс етістігінің қимыл атауы. Ілгері қарай жапа-тармағай ентелеу.*

**ҰМЫТ=** ет. **1.** *Естен шығару, жадында сақтамау, қатерінде болмау.* **2.** ауыс. *Мүлде елемеу, араластығын үзу.* **3.** ауыс. *Есінен айырылу, бәрін тәрк ету. // Ұмытылған, естен шыққан, жадтан өшкен.*

**Ұмыт болды.** а) *Көрген түстей өте шықты, естен шықты, ұмытылды.* ә) *Дағдыдан қалды.* **Ұмыт қалды.** *Ұмытылды, естен шықты, есте сақталмады.* **Ұмытылып кетті.** *Ұмытылды, ұмытты.* **Ұмытып кетті.** а) *Қапыда есінен шығып кетті.* ә) *Хабарласуды қойды, қатыспай кетті.*

**ҰМЫТҚЫЗ=** ет. *Естен шығарту.*

**ҰМЫТҚЫЗУ** *Ұмытқыз етістігінің қимыл атауы; естен шығарткызу.*

**ҰМЫТҚЫШ** сын. *Тез ұмытатын, ұмытшақ.*

**ҰМЫТПАС** сын. *Ешқашан естен шығармайтын.*

**ҰМЫТТЫР=** ет. *Естен шығару.*

**ҰМЫТТЫРУ** *Ұмыттыр етістігінің қимыл атауы; естен шығарттыр.*

**ҰМЫТУ** *Ұмыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Естен шығару, еске алмау.* **2.** ауыс. *Санадан өшіру, жадтан шығару.* **3.** псих. *Ақпараттың адам жадында сақталмай қалуы.*

**ҰМЫТУШЫ** зат. *Есте сақтамайтын, жадынан шығарғыш адам.*

**ҰМЫТШАҚ** сын. *Естігенді жадына сақтай алмайтын, ұмытқыш.*

**ҰМЫТШАҚТЫҚ** зат. *Естігенді жадта сақтай алмаушылық, есте ұзақ сақтамаушылық.*

**ҰМЫТШАҚТЫҚ** зат. *Меңгерілген материалдың еске түсуі және қайта жаңғыру мүмкіндігінің біртіндеп кемуімен сипатталатын процесс.*

**ҰМЫТЫЛ=** ет. **1.** *Естен шығарылу.* **2.** ауыс. *Санадан өшті, ешбір белгісі де қалмады, ізі өшті.*

**ҰМЫТЫЛМАС** сын. *Естен шықпастай, жадынан шығармастай.*

**ҰМЫТЫЛУ** *Ұмытыл етістігінің қимыл атауы; естен шығарылу.*

**ҰМЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап ұмыту, жадында сақтаңқырамау.*

**ҰМЫТЫҢҚЫРАУ** *Ұмытыңқыра етістігінің қимыл атауы; біршама ұмытып қалу.*

**ҰМЫТЫС=** ет. *Естерінен, жадтарынан шығарып тастау.*

**ҰМЫТЫСУ** *Ұмытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰН** зат. *Астықты диірменге тарту арқылы алынатын, түрлі нан тағамдары пісірілетін шикі азық, тағамдық өнім.*

**Ұн ассортименті.** тамақ. *Ұнның сорттары, түр-түрінің жиынтығы.* **Ұнға аунату.** тамақ. *Кейбір жартылай фабрикаттарды (мыс, ет, балық өнімдерін) майға қуырып пісіру үшін оларды ұнға немесе кепкен нан ұнтақтарына аунатып алу.* **Ұнды ауаландыру.** тамақ. *Ұнның сапасын жақсарту үшін оны қоршаған ортадағы ауамен қанықтыру [Ол үшін ұнды ауа ағынымен араластырады, сол кезде ұн ауадағы оттекпен қанығады].* **Ұнды шала қуыру [пассерлеу].** *Тұздыққа арналған ұнды қуыру [Май салмай қыздыру кезінде еленген ұнның қалыңдығы 3–5 см болады. Пассерленген ұн көп мөлшерде керек болғанда біркелкі қуырылуы үшін тұзбен араластырып қыздырады].* **Ұн жағу.** этн. *Кейбір жерлерде құдаласқан екі жақтың құйрық-бауыр жемес бұрын бір-бірінің беттеріне ақ жағып, ойынсауық құру, жақындасу үшін жасалатын әзіл рәсімі.* **Ұн кенелері.** зоол. <лат. tyroglyphidae> *Кене отрядының бір тұқымдасы.* **Ұн көже.** этн. *Қайнап жатқан суға қуырылған ұн қосып пісірілген тағам.* **Ұннан майда.** бейн. *Көзге көрінбейтін, ұсақ.* **Ұнның ашуы.** *Ұзақ уақыт жылы жерде сақталған ұнның микроорганизмдер әсерінен қышқылдануы.* **Ұн тағамдары.** тамақ. *Ұннан дайындалған тағамдар.* **Ұн тарту.** *Астық дәндерінің элеваторларда әртүрлі қоспалардан тазаланып ұн зауытының тарту желісіне берілуі.* **Ұн шаңы [тозаңы].** *Ұнның ауадағы немесе қонған өте ұсақ түйіршіктері.*

**ҰНА=** ет. **1.** *Жағу, көңілінен шығу.* **2.** *Жанына жайлы тию, жаны жай табу.* **3.** *Ынтық болу, сүйіспеншілік сезімі ояну.*

**ҰНАМ** зат. сөйл. *Үйлесім, жағымдылық, жарасымдық.*

**ҰНАМДЫ** сын. **1.** *Жарасымды, жағымды.* **2.** *Жанға жайлы, оң, орынды.*

**ҰНАМДЫЛЫҚ** зат. *Жарасымдылық, жағымдылық.*

**ҰНАМСЫЗ** сын. *Жағымсыз, жарамсыз, қолайсыз.*

**ҰНАМСЫЗДЫҚ** зат. *Жағымсыздық, жарамсыздық.*

**ҰНАҢҚЫРА=** ет. *Жағыңқырау, көңілге қоныңқырау.*

**ҰНАҢҚЫРАУ** *Ұнаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰНАС=** ет. **1.** *Бірін-бірі жақтыру, бір-біріне сүйіспеншілік, ынтықтығы ояну.* **2.** *Жандары жайланысу, жай табысу, келісу, келісімге келу.* **3.** *Қонымды болып үйлесу, лайықты, сай келу, жарасу.* **4.** ауыс. *Дұрыс, лайықты болу, оң болысу.*

**ҰНАСТЫР=** ет. **1.** *Бірін-бірі жақтырту, ынтықтық, сүйіспеншілігін ояттыру.* **2.** *Үйлестіру, қонымды, жарасымды ету.*

**ҰНАСЫМ** зат. *Үйлесім, жарасым; қисын.*

**ҰНАСЫМДЫ** сын. **1.** *Жарасымды, қонымды, келісті.* **2.** *Лайықты, сәйкес, жағымды, үйлесімді.* **3.** ауыс. *Оң, орынды, жанға жайлы.*

**ҰНАТ=** ет. **1.** *Жақсы көру, ынтызар, ынтық болу, қалау.* **2.** *Жақтыру, жарату.* **3.** *Мақұл көру, қолдау.*

**ҰНАТҚЫШ** сын. *Тез ұнататын, жақсы көріп қалатын адам.*

**ҰНАТУ** *Ұнат етістігінің қимыл атауы; жақтыру, жарату.*

**ҰНАТУШЫЛЫҚ** зат. *Жақсы көрушілік, жаратушылық.*

**ҰНАТЫС=** ет. *Бір-бірін жақсы көру.*

**ҰНАТЫСУ** *Ұнатыс етістігінің қимыл атауы; бір-бірін жақсы көру.*

**ҰНАУ** *Ұна етістігінің қимыл атауы; көңілге қону, ойдан шығу.*

**ҰНДАЙ** сын. *Ұн сияқты.*

**ҰНДЫ** сын. *Ұны көп, ұннан жасалған.*

**Ұнды кондитер өнімдері.** тамақ. *Печенье, пряник, торт, кекс, орама (рулет), вафли т.б. өнімдер.*

**ҰНЖЫРҒА**: **ұнжырғасы түсті.** *Еңсесі түсті, салы суға кетті.*

**ҰНСЫЗ** сын. *Ұны жоқ, ұны таусылған.*

**ҰНТА=** ет. *Түйір-түйір, кесек-кесек нәрсені майдалап ұгу, ұнтақтау.*

**ҰНТАУ** *Ұнта етістігінің қимыл атауы; ұнтақтау, ұгіту, майдалау.*

**ҰНТАҚ** зат. **1.** *Бір заттың ұнтақталған ұгіндісі, уатылған қалпы.* **2.** геол. *Қатты қосылыстардың ұсақ бөлшектері.* **3.** фарм. *Фармакология өндірісі шығаратын, бір не бірнеше ұсақталған заттардан тұратын дәрілік қалыптар.*

**Ұнтақ әдісі**. геол. *Минералдарды рентген-құрылымдық тұрғыдан зерттеу әдістерінің бірі.* **Ұнтақ жарма**. тамақ. *Бидайдан сорттық ұн тарту кезінде, оның массасы бидай массасының 2%-ындай болатын қиыршықты жармаларынан таңдап алынған жарма.* **Ұнтақ құрт.** *Түйіп, әдейі ұнтақтаған немесе қап түбінен қақшып алған ұнтақ құрт.* **Ұнтақ металл металлургиясы**. *Металл ұнтақтарынан, сондай-ақ металдардың бейметалдармен қоспаларынан ұнтақ және жентектелген металл өндіру [Бұл әдіс арқылы балқыту жолымен алуға болмайтын материалдар мен бұйымдар алынады].*

**ҰНТАҚТА=** ет. *Бір затты уату, ұгіндіге айналдыру.*

**ҰНТАҚТАҒЫШ** зат. тех. *Кесек материалдарды жармалайтын және жемді ұнтақтап, араластыратын мәшине.*

**ҰНТАҚТАЛ=** ет. *Ұгітілу, майдалану, уатылу.*

**Ұнтақталған бұрыш**. тамақ. *Қара, ақ, хош иісті және қызыл бұрыштардың кептірілген дәндерін немесе сабақтарын ұнтақтап алынған дәмдеуіш.* **Ұнтақталған какаовелла.** тамақ. *Какао қабықтарынан ұнтақталып алынған өнім.*

**ҰНТАҚТАЛУ** *Ұнтақтал етістігінің қимыл атауы; уатылу, ұгітілу, майдалану.*

**ҰНТАҚТАЛЫН=** ет. *Майдалану, ұгітілу, ұсақталу.*

**ҰНТАҚТАЛЫНУ** *Ұнтақталын етістігінің қимыл атауы; майдалану, ұгітілу, ұсақталыну.*

**ҰНТАҚТАУ** *Ұнтақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұсақтау, майдалау, ұгіту.* **2.** терм. *Қандай да бір тұтас, қатты материалды ұйкелеу, ысқылау немесе жармалау арқылы бөлшекке, ұнтаққа айналдыру.*

**ҰНТАЛ=** ет. *Ұгітілу, майдалану, ұсақталу.*

**ҰНТАЛУ** *Ұнтал етістігінің қимыл атауы; ұгітілу, майдалану, ұсақталу.*

**ҰНТАТ=** ет. *Ұгіткізу, майдалатқызу.*

**ҰНТАТУ** *Ұнтат етістігінің қимыл атауы; ұгіткізу, майдалатқызу.*

**ҰНТАТЫЛ=** ет. *Ұгітілу, майдалану.*

**ҰНТАТЫЛУ** *Ұнтатыл етістігінің қимыл атауы; ұгітілу.*

**ҰНТАУ** *Ұнта етістігінің қимыл атауы; майдалау, ұсақтау, ұгіту.*

**ҰНТЫ** зат. *Иттің терісінен тігілетін солтүстік халықтары киетін жылы қыстық етік, аяқкиім түрі.*

**ҰНША** ұст. *Ұн сияқтанып, ұнға ұқсап.*

**ҰҢҒУ** *Ұңғы етістігінің қимыл атауы; бір заттың ішін ойып қуыстау.*

**ҰҢҒУЫР** зат. қолөнер. *Ағашты ұңғып белгілі қалыпқа келтіретін құрал.*

**ҰҢҒЫ**[1] зат. **1.** *Кетпен-шоттың, балтаның, күректің сапқа киілетін қуыс жағы, сап кигізілетін жері.* **2.** *Мылтықтың оқ шығатын жері, оқатар қарудың негізгі бөлігі.*

**Ұңғының оқталатын бөлігі.** әск. *Артиллериялық зеңбіректің артқы бөлігі [Бұл жерде оқталатын бөлік бекітіледі, ұңғының оқталатын бөлігі арқылы зеңбіректі оқтау жүзеге асырылады].*

**ҰҢҒЫ**[2] зат. геол. ***Ұңғыма.***

**ҰҢҒЫ=** ет. *Бір заттың ішін ойып ұңғу, қуыстау.*

**ҰҢҒЫДАЙ** сын. *Ұңғы сияқты.*

**ҰҢҒЫЛ** зат. көне. *Түйрейтін қару.*

**ҰҢҒЫЛА=** ет. **1.** *Бір заттың ішін ұңғіп қуыстау.* **2.** ауыс. *Тереңдей түсу, тәптіштеп талдау.*

**ҰҢҒЫЛАН=** ет. *Іші ойылып, қуыстау.*

**ҰҢҒЫЛАНУ** *Ұңғылан етістігінің қимыл атауы; іші ойылып, қуыстау.*

**ҰҢҒЫЛАС=** ет. *Қолдағы қарумен айқасу, арпалысу.*

**ҰҢҒЫЛАСУ** *Ұңғылас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҢҒЫЛАТ=** ет. *Жерді ойып, қуыстата тереңдей қаздыру.*

**ҰҢҒЫЛАТУ** *Ұңғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҢҒЫЛАУ** *Ұңғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛ** сын. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы (жер). // Кедір-бұдыр, ойқыш-ойқыш жер.*

**ҰҢҒЫЛЫ** сын. *Ұңғы салынған, ұңғысы бар.* **Ұңғылы артиллерия.** әск. *Снаряд бастапқы жылдамдығын ұңғыдағы оқ-дәрі газының әсерінен алатын артиллериялық қарулар.*

**ҰҢҒЫМА** зат. кен. *Тау жыныстарында немесе пайдалы қазбаларда механикалық немесе өзге әдістермен бұрғыланған тау-кен қазындысы.*

**Ұңғымалардың [құдықтардың] өзара әсері.** сушар. *Бір ұңғыманың (немесе құдықтан) сутартудың сол маңдағы басқа ұңғымалардың су өнімділігіне тигізетін әсері (ықпалы).* **Ұңғыманың құмдануы.** сушар. *Құм аралас кеуекті саздақ шөгінділердегі суларды зерттеу барысында бұрғыланған ұңғыманы құм басу.* **Ұңғыманың меншікті өтімі, шығымы.** сушар. *Секундына литрмен (л/с) алынған ұңғыма өтімінің, ондағы су деңгейін 1 метрге төмендеткендегі шамасы.* **Ұңғыманың шығымдылығы.** сушар. *Су кезінің белгілі бір өлшемде беретін суы, ұңғымадан сорғы арқылы алынатын сұйықтық мөлшері* [Өнімділік өлшемдері: л/сек, $м^3$/сағат, $м^3$/тәулік]. **Ұңғыма өнімділігі.** сушар. *Ұңғымадан белгілі бір уақытта (секунд, тәулік) алынатын су мөлшері (литр, текше дециметр, текшеметр).* **Ұңғыма [құдық] өтімі, шығымы.** сушар. *Ұңғымадан (құдықтан) уақыт бірлігі ішінде шығатын (келетін) су, мұнай немесе газ көлемі [Ол секундына литрмен немесе сағатына, тәулігіне текше метрмен өлшенеді. Синонимі – құдық (ұңғыма) өнімділігі, өтімі].* **Ұңғыма сүзгісі.** сушар. *Борпылдақ таужыныстардағы ұңғыманың су қабылдайтын бөлігінің қабырғасын бекітуге, сулы таужыныстың ұсақ түйіршіктерін ұңғымаға және суды өткізуге арналған ерекше құрылғы.*

**ҰҢҒЫМАЛЫ** сын. **1.** *Ұңғылып кете беретін, сусымалы.* **2.** кен. *Ұңғыма жасалған, ұңғымасы бар, ұңғымаға қатысты.*

**Ұңғымалы сорғы.** тех. *Бұрғылау ұңғымаларынан сұйықтықты көтеруге арналған гидравликалық мәшине.*

**ҰҢҒЫРАУ** зат. сөйл. ***Ыңғыру*** *(ұста аспабы).*

**ҰҢҒЫСЫЗ** сын. *Ұңғысы жоқ, ұңғы салынбаған.*

**Ұңғысыз артиллерия.** әск. *Реактивті артиллерияның ұңғы болмайтын түрі (лақтыру және ұшыру қондырғысы).*

**ҰҢҒЫТ=** ет. *Жерге батыра, тереңдете кіргізу.*

**ҰҢҒЫТУ** *Ұңғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰПАЙ** зат. **1.** спорт. *Спорт сайысында немесе белгілі бір жарыста жеңіс көрсеткішін белгілейтін өлшем бірлігі.* **2.** ауыс. *Есеп, қарымта, есе.*

**ҰПАЙЕСЕПТЕГІШ** зат. спорт. *Кейбір спорт ойындары түрлерінен (баскетбол, волейбол, теннис т.б.) команданың немесе жеке спортшының алған ұпай сандарын көрсетіп отыратын аспап.*

**ҰПАЙЛАС** сын. *Ортақтас, мүшелес, еншілес.*

**ҰПАЙЛАС=** ет. *Мүдделес болу, ортақ тасу.*

**ҰПАЙЛАСУ** *Ұпайлас етістігінің қимыл атауы; мүшелес болу, ортақтасу.*

**ҰП-ҰСАҚ** сын. *Мап-майда, уақ, күлдей.*

**ҰПЫН: ұпыны ұшты.** *Қатты үрейленді, үрейі ұшты.*

**ҰПЫН=** ет. сөйл. *Өкіну, опық жеу.*

**ҰПЫНУ** *Ұпын етістігінің қимыл атауы; өкіну, опық жеу.*

**ҰР=** ет. **1.** *Сабау, соғу, тоқпақтау.* **2.** ауыс. *Қиындыққа тап қылу, сынаққа салу.* **3.** *Қарқындау, ұдей түсу, әсерін күшейте түсу (жайсыз ауа райына қатысты).* **4.** *Қақтығысу, соқтығысу.*

**Ұр да жық.** *Дөкір, содыр.* **Ұр тоқпақ.** фольк. *Ертегілерде өзінен-өзі ұра жөнелетін қолаташ.*

**ҰРА**[1] зат. **1.** *Астық сақтау үшін жерден қазып жасалған қарапайым орын, жасырын, жабық көмбе.* **2.** ауыс. *Қалтарыс.* **3.** құр. *Ғимарат қабырғаларына ұңғіп жасалатын ойық түріндегі құрылыстық элемент.*

**ҰРА**[2] зат. *Жан-жануарлардың денесіне шыққан бөртік, томпақ ісік.*

**ҰРАБАЙЛА=** ет. *Қатты айқайлау, уралау.*

**ҰРАЛА=** ет. *Ұра қылып тереңдетіп қазу.*

**ҰРАЛАС** сын. *Ұрасы бірге, қатар орналасқан.*

**ҰРАЛАУ** *Ұрала етістігінің қимыл атауы; ұра қылып тереңдете қазу.*

**ҰРАЛЫ** сын. *Ұрасы бар, ұрасы көп.*

**ҰРАН** зат. **1.** *Халықты бір іске жұмылдыру мақсатында айтылатын ұндеу, шақыру, дабыл.* **2.** *Ұндеу, шақырулар жазылған плакаттар, қағаз немесе көше жазбалары.* **3.** ауыс. *Өмірлік ұстанымы, басты қағидат, кредо.*

**Ұран болды**. *Бір елдің, жұрт немесе топтың рухтандырушысы, басын қосушы, мақтанышы болып, соғысқа шыққанда, бір іске жұмылғанда аруағын шақыру үшін атын ауызға алып атойлайтын сөзге айналды.* **Ұранға ерді.** *Бір іске жұртпен бірге жұмылып, шақыруға ерді.* **Ұран салды.** *Дабыл қақты, ұрандады, бір іске жұмылуға, бас қосуға шақырды.* **Ұран тастады**. *Жұрттың басын қосатындай қысқа, мазмұнды сөз айтып, бір іске жұмылдырды.* **Ұран шақырды**. *Жұртты бір іске шақырды, бәрін бір адамдай жұмылдыру үшін ұрандады.*

**ҰРАНГЕР** зат. *Ұран шақырушы адам.*

**ҰРАНДА=** ет. *Ұран салу, дабыл қағу.*

**ҰРАНДАЛ=** ет. *Дабыл болып қағылу, ұран болу.*

**ҰРАНДАЛУ** *Ұрандал етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРАНДАС=** ет. *Жан-жақтан атойлап, ұран салысу.*

**ҰРАНДАСТЫР=** ет. *Ұран тастап біріктіру, ынтымақтастыру.*

**ҰРАНДАСТЫРУ** *Ұрандастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРАНДАСУ** *Ұрандас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРАНДАТ=** ет. *Қатты айғайлап, дабыра қылдыру.*

**ҰРАНДАТТЫР=** ет. *Ұран салғызу, дабыра қылғызу.*

**ҰРАНДАТТЫРУ** *Ұрандаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРАНДАТУ** *Ұрандат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРАНДАУ** *Ұранда етістігінің қимыл атауы; ұран салу, дабыра қылу.*

**ҰРАНДЫ** сын. *Ұран айтып шақырған, лебізді, үнді.*

**ҰРАНКЕШ** сын. *Ұран тастағыш, ұраншыл, дабырашыл.*

**ҰРАНҚАЙ** зат. этн. *Уық тәрізді сидам ағаштардан басын түйістіріп тігілетін, негізінен киіз үйдің бірқатар бөліктерінен ғана құралатын баспана.*

**ҰРАНҚАЙЛАП** үст. жерг. *Ұрандап, дабылдап.*

**ҰРАНШЫ** зат. **1.** *Ұран салушы, дабыл қағушы жауынгер.* **2.** ауыс. *Бір іске жұмылдырушы, бастамашы адам, тұлға.*

**ҰРАНШЫЛ** сын. **1.** *Ұрандағыш, ұран салғыш.* **2.** жағымсыз. *Дабырашыл, бос сөзге салынғыш.*

**ҰРАНШЫЛДЫҚ** зат. *Ұран салғыштық, дабыл қағушылық.*

**ҰРҒАНСЫ=** ет. *Ұрғандай болу, ұрған сыңай таныту.*

**ҰРҒАШЫ** зат. **1.** *Жан-жануарлардың аналық жыныстылары.* **2.** *Әйел жамағаты, зайып, қатын.*

**Ұрғашы жіп.** этн. қолөнер. *Өрмектің бой жібінің астыңғысы.* **Ұрғашы күміс.** *Жұмсақ ақ күміс.* **Ұрғашы тас.** зат., *Диірменнің үстіңгі беті.*

**ҰРҒАШЫДАЙ** сын. *Ұрғашы сияқты.*

**ҰРҒАШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Ұрғашы жыныстылық.* **2.** жағымсыз. *Әйелдік, төменетектік.*

**ҰРҒЫ** зат. көне. *Астық бастыратын ертедегі құрал.*

**ҰРҒЫЗ=** ет. *Соққызу, сабату.*

**ҰРҒЫЗДЫР=** ет. *Соққыздыру, сабатқызу.*

**ҰРҒЫЗДЫРТ=** ет. *Біреуге соққыздырту, сабатқызу.*

**ҰРҒЫЗДЫРТУ** *Ұрғыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРҒЫЗДЫРУ** *Ұрғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРҒЫЗУ** *Ұрғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРҒЫЛА=** ет. *Үсті-үстіне ұру, қоймастан ұра беру.*

**ҰРҒЫЛАТ=** ет. *Үсті-үстіне соққызу.*

**ҰРҒЫЛАТУ** *Ұрғылат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРҒЫЛАУ** *Ұрғыла етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта ұрғылау.*

**ҰРҒЫШ** сын. *Ұруға шебер, соққыш.*

**ҰРҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта ұра беру, үсті-үстіне сабау.*

**ҰРҒЫШТАУ** *Ұрғышта етістігінің қимыл атауы; үсті-үстіне сабау, тоқпақтау.*

**ҰРДЫР=** ет. *Соққызу.*

**ҰРДЫРТ=** ет. *Сабатқызу, соққызу.*

**ҰРДЫРТУ** *Ұрдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРДЫРУ** *Ұрдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРКӨППЕ** сын. сөйл. *Бөспе, даңғой, елірме.*

**ҰРЛА=** ет. **1.** *Біреудің бір затын білдіртпей, жасырып алып кету.* **2.** ауыс. *Жаулап алу, өзіне иелік еткізбеу.* **3.** ауыс. *Кеміту, білдіртпей азайту; жүдету, қартайту.*

**ҰРЛАҒЫШ** сын. *Ұрлауға шебер, ұрлықты кәсіп еткіш.*

**ҰРЛАН=** ет. **1.** *Бір затты иесіне білдіртпей, жасырын алынып кетуі.* **2.** *Жасырыну, бұғыну, сақтанып қозғалу.* **3.** ауыс. *Білінбей таусылу, азая беру, жоғалу.*

**ҰРЛАНУ** *Ұрлан етістігінің қимыл атауы; жоғалу, біреудің жасырын алып кетуі.*

**ҰРЛАП-ҚАРЛАП** үст. *Оғып-бұғып, онан-мұнан жырымдап.*

**ҰРЛАС=** ет. *Бірге ұрлық жасасу.*

**ҰРЛАСУ** *Ұрлас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЛАТ=** ет. *Біреу арқылы ұрлық жасату.*

**ҰРЛАТҚЫЗ=** ет. *Біреуге ұрлық жасату.*

**ҰРЛАТҚЫЗУ** *Ұрлатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЛАТТЫР=** ет. *Біреуге ұрлық жасаттыру.*

**ҰРЛАТТЫРУ** *Ұрлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЛАТУ** *Ұрлат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЛАУ** *Ұрла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірнәрсені жасырын, көрсетпей алып кету.* **2.** ауыс. *Суыртпақтап біліп алу.*

**ҰРЛЫҚ** зат. *Біреудің бір затын білдірмей, көрсетпей алып кету ісі.* **2.** құқық. *Мүлікті жасырын қымқыру.*

**Ұрлық жасады [қылды].** *Біреудің иелігіндегі затты, нәрсені т.б. жасырын иемденіп қылмысқа барды.* **Ұрлық жасаумен көзі шықты.** *Ұрлық жасау арқылы күн көрді, сонымен қалыптасты.* **Ұрлық жүріс.** *Жеңіл жүріс.*

**ҰРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚ** зат. *Ұрлық істеу және күш көрсету, күш қолдану.*

**ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ** зат. *Ұрлық істегендік, біреуді тонаушылық.*

**ҰРЛЫҚШЫ** зат. *Ұрлық істеп дәніккен, ұрлықты кәсіп еткен адам.*

**ҰРЛЫҚШЫЛЫҚ** зат. *Ұрлықты кәсіп етушілік.*

**ҰРЛЫҚЫ** сын. *Ұрланып жүретін, жасырын, құпия.*

**ҰРМА** зат. *Кесек былжырдан соғылған құрылыс; балшықтан құйылған қабырға.*

**Ұрма қалып.** *Соқпа қалыптардың жалпы атауы, ұшында ою, бедері бар болат шыбық; қолдаубас.* **Ұрма сөз.** жерг. *Қалай болса, солай ойланбай айтыла салған сөз.* **Ұрма толқын.** *Теңіз (көл) толқынының жағада тікелей деформацияға ұшырау құбылысы.*

**ҰРМА** сын. *Тоңмойын, нойыс, дүлей.*

**ҰРМАЛАУ** сын. *Нойыстау, тоңмойындау. // Нойыстау, тоңмойындау адам.*

**ҰРМАЛЫҚ** зат. *Нойыстық, тоңмойындық.*

**ҰРМАҢДАЙ** сын. *Әпербақан, нойыс.*

**ҰРПАҚ[1]** зат. **1.** *Тұқым, жұрағат.* **2.** әлеум. *Қоғамның қарайлас мезгілде дүниеге келген мүшелерінен тұратын топ.* **3.** *Өмірдің жалғасы, болашағы.* **4.** *Ел-жұрт, халық.* **5.** *Бала-шаға.* **6.** *Малдың тұқымы, тұяғы.*

**Ұрпағы жоқ.** *Ұрпақсыз, перзенті жоқ.* **Ұрпақ қалдырмады.** *Перзент сүймеді, баласы болмады.* **Ұрпақ қамын ойлады.** *Ел-жұртының, халқының қамын жеді.* **Ұрпақ өсірді.** *Перзент сүйді, ұрімбұтақты болды.* **Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты.** *Келесі ұрпаққа дейін жетті, мұра болып қалды.* **Ұрпақ тарады.** *Ұрпағы жалғасты, ұрім-бұтақты болды.*

**ҰРПАҚ[2]** зат. **1.** *Ұнның еленгеннен кейін қалған қалдығы; кебек.* **2.** *Жұқа нанға себілетін ұн.*

**ҰРПАҚТА=** ет. *Өніп-өсу, өрістеп-даму.*

**ҰРПАҚТЫ[1]** сын. *Ұрпағы өсіп-өндіген, ұрімбұтақты.*

**ҰРПАҚТЫ[2]** сын. *Жайма қамырға ұнның шектен тыс көп себілуі; ұрпағы көп.*

**ҰРПАҚТЫҚ** зат. жерг. *Нан жайғанда тақтайға себетін ұлпа ұн.*

**ҰРПАҚСЫЗ[1]** сын. *Ұрім-бұтақсыз, тұқымсыз.*

**ҰРПАҚСЫЗ[2]** сын. *Жайма қамырға ұнның аз себілуі; ұрпағы аз.*

**ҰРПАҚСЫЗДЫҚ** зат. *Ұрпағы жоқтық, ұрпағы өсіп-өнбеген, ұрім-бұтақсыз болушылық.*

**ҰРПАЯ** зат. кәс. *Ұрыққа қалдырылған жоңышқаның дәні алынбай сабағымен, яғни паясымен тұрғандағы қалпы.*

**ҰРСУ** *Ұрс етістігінің қимыл атауы; зеку, жазғыру, сөгу.*

**ҰРСЫҢҚЫРА=** ет. *Жазғырыңқырау, сөгіңкіреу.*

**ҰРСЫҢҚЫРАУ** *Ұрсыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРСЫС=** ет. **1.** *Бір-біріне қатты сөз айту; сөзге келу.* **2.** *Бір-біріне өкпелеп, ренжісу, қабақ шытысу.*

**ҰРСЫСУ** *Ұрсыс етістігінің қимыл атауы; бір-біріне қатты сөз айтысу, жанжалдасу, дауласу.*

**ҰРТ[1]** зат. анат. <лат. bucca> **1.** *Жақ пен иекті тұтастырып тұратын езуден шықшытқа дейінгі жердегі ет.* **2.** *Етік тұмсығының (басының) екі жақ бүйірі.*

**Ұрт еті босады.** *Ұрты салбырап, жүдеді.* **Ұрты мен мұрты бірдей май болды.** *Әбден ішіп-жеп ықылық атты, аузы-басы майланды.* **Ұртын алып, мұртына жалғады.** *Жетпегенді еппен қулықпен жалғастырғанда айтылады.* **Ұртына қан толды.** *Қаны қарайып түтікті, қаһарына мінді.* **Ұртын майлады.** *Біреуді ішіп-жегізіп, аузын алды.* **Ұртын кептірді.** *Менменсіді, кеудесін керді.* **Ұртын шымшыды.** паралингв. *Біреудің не өзінің жасаған ұятты іске ішкі сезімін білдіргенде, өкіну т.б. көңіл күйді білдіруде қолданылатын ым-ишарат.* **Ұрты суалды [солды].** *Азып-тозды, жүдеп-жадады.*

**ҰРТ[2]** сын. *Бірбет, нойыс, дүңк.*

**Ұрт жігіт [ұрт адам].** *Мінезі томырық, бірбет адам туралы айтылады.*

**ҰРТҚАЛ** сын. жерг. *Тентек, кері сөйлейтін кісі (адам).*

**ҰРТҚАЛТА** зат. анат. *Кейбір қалталылардың, кеміргішлер мен тартанаулы маймылдардың ұртында болатын қалта тәрізді қуыстар.*

**ҰРТТА=** ет. *Сұйық затты ауызға толтырып алып, бөліп-бөліп жұту, сіміру.* **2.** *Ішімдік ішіп, қызып жүру.*

**Ұрттап ішіп, шайқап төкті.** *Ішіп-жеп, төгіп шашу, ысырап ету.*

**ҰРТТАҒЫШТА=** ет. *Қайта-қайта ұрттау, үсті-үстіне ұрттау.*

**ҰРТТАҒЫШТАУ** *Ұрттағышта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАЛ=** ет. *Сұйық заттың ауызға толтырылып, жұтылуы, сімірілуі.*

**ҰРТТАЛУ** *Ұрттал етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАМ** сын. *Бір ұрттарлық, бір жұтым.*

**[Бір] ұрттам су.** *Бір жұтым су, бір ұрттағандағы судың мөлшері.*

**ҰРТТАҢҚЫРАУ** *Ұрттаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАС=** ет. **1.** *Сұйық затты (су, сүт т.б.) ауызға толтырып алып сімірісу.* **2.** *Ішімдік ішісу, қосылып арақ ішу.*

**ҰРТТАСУ** *Ұрттас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАТ=** ет. **1.** *Бөліп-бөліп жұтқызу, сұйық затты ішкізу.* **2.** *Ішімдік ішкізу, шарап беру.*

**ҰРТТАТҚЫЗ=** ет. *Сұйық затты (су т.б.) бөліп-бөліп жұтқыздыру, ішкізу, сімірткізу.*

**ҰРТТАТҚЫЗУ** *Ұрттатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАТУ** *Ұрттат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАУ[1]** *Ұртта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРТТАУ[2]** сын. *Нойыстау, дүңктеу.*

**ҰРТТАШ** зат. жерг. *Бауыры ақшылдау, сырты қызыл түсті тышқан.*

**ҰРТТЫ** сын. *Ұрты үлкен.*

**ҰРТТЫҚ** зат. анат. *Жеген затты ұстап тұратын ауыз қуысының мүшесі.*

**ҰРТУ** сын. жерг. *Ұялшақ.*

**ҰРУ[1]** зат. сөйл. ***Ру.***

**ҰРУ[2]** *Ұр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тоқпақтау, ұрғылау.* **2.** *Сабау, таяқтау.* **3.** ауыс. *Жығу, құлату, соғу.*

**ҰРУЛАС** сын. сөйл. ***Рулас.***

**ҰРШОҚПАР** з а т . ж е р г . *Қолшоқпар.*

**ҰРШЫҚ**[1] з а т . **1.** *Шүйкеленген жүннен жіп иіруге арналған аспап.* **2.** а у ы с . *Тоқтаусыз уақыт.*

**Ұршық иірді.** *Ұршықпен жүннен жіп ширатты.* **Ұршық иіру.** *Ұршық аспабын айналдырып жүнді ширатып созу; жіп иіру.* **Ұршық созды.** *Жіп иірді.*

**ҰРШЫҚ**[2] з а т . а н а т . *Жан-жануарлардың асықты жілігі мен ортан жілігінің түйіскен жеріндегі қозғалмалы сүйек.*

**Ұршық буын.** *Жамбас пен ортан жілік түйісі.*

**ҰРШЫҚБАЛЫҚ** з а т . з о о л . *Майда, ұсақ балық.*

**ҰРШЫҚБАС**[1] з а т . *Шөп, егін мәшинелерінің шалғысын бекітетін жер.*

**ҰРШЫҚБАС**[2] з а т . *Қорғасыннан құйылған немесе тастан қашап жасалған ортасы ойық, ұршықты айналдырып тұратын бөлігі.*

**ҰРШЫҚБАС**[3] з а т . а н а т . *Ортан жіліктің үлкен дөңгелек бөлігі.*

**ҰРШЫҚТАЙ** с ы н . **1.** *Ұршық сияқты.* **2.** а у ы с . *Ширақ, жеңіл.*

**Ұршықтай дөңгеленді.** *Шыр көбелек айналды.* **Ұршықтай үйірді [иірді].** а) *Дөңгелентіп ала жөнелді.* ә) *Жұртты қаратты, игеріп алды. // Өмірдің өз заңдылығына бағындыруы, дегенін істеу.* Ұршықтай үйірді. а) *Бір нәрсені игеріп әкетті.* ә) *Бағындырды, көндірді.*

**ҰРШЫҚТАЙЫН** с ы н . ***Ұршықтай.***

**ҰРШЫҚША** ү с т . *Ұршық тәрізді, ұршық секілді.*

**Ұршықша үйірді [иірді].** *Дөңгелентіп ала жөнелді.* **Ұршықша [ұршықтай] иірді.** а) *Емін-еркін меңгерді, игерді.* ә) *Тез, жеңіл қимылдады.* б) *Дегеніне көндірді, басын айналдырды.* **Ұршықша үйірілді.** *Тез игеріп әкетті, қиіп-жарып кетті.*

**ҰРЫ** з а т . *Ұрлықты кәсіп еткен адам.*

**Ұры алды.** *Қолды болды, ұрланды.* **Ұрыға құрық берді.** *Қарақшыны қолдап, дем берді.* **Ұрыға құрық салдырмады.** *Малды ұрыға алдырмады, қырағы болды.* **Ұры иттей.** *Суғанақтанып, сумаңдап.* **Ұры иттей шулатты.** *Азан-қазан қылды.* **Ұрының арты қуыс.** *Сезіктенді, қорықты.* **Ұрының қолын кестірген.** *Ұрлыққа тыйым салған, ұрыны жазалаудың түрі.* **Ұры сай.** *Жықпыл-жықпылы көп жынысты сай.* **Ұры тіс.** *Тіс қабатының үстіңгі жағымен қабаттаса шыққан қосалқы тіс.*

**ҰРЫ-БӨРІ** з а т . *Ұры-қары, жау.*

**ҰРЫДАЙ** с ы н . *Ұры сияқты.*

**ҰРЫҚ** з а т . **1.** б и о л . <лат. embryon> *Аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылу үдерісі – ұрықтану нәтижесінде түзілген бір жасушалы жаңа ағза (зигота).* **2.** *Тұқым; дән.* **3.** а у ы с . *Негіз, түп тамыр.* **4.** ж е р г . *Ру, тек, ұрім-бұтақ.*

**Ұрық алмастыру.** б и о л . *Екпе өсімдіктерді бір жерге кезектестіріп өсіру әдістері.* **Ұрық ауыстыру.** б и о л . *Жатында пайда болған ұрықты екінші ағза жатынына орналастыру.* **Ұрық жапырақшалары.** б и о л . <лат. strata germinalia> *Ұрықтың дамудың гаструляция кезеңінде бластуладан пайда болатын, мамандaнған жасушалар қабаттары (сыртқы қабат – эктодерма, ішкі қабат – энтодерма, ортаңғы қабат – мезодерма және оларды өзара байланыстаратын эмбриональдық дәнекер ұлпасы – мезенхима).* **Ұрық жолы.** б и о л . *Пісіп жетілген ұрық өтетін түтік.* **Ұрық көпіргіші.** б и о л . <лат. blastocystis, грек. blastos – бастама, cystis – көпіршік> *Бөлшектену кезеңі нәтижесінде түзілетін, іші қуыс сүтқоректілер ұрығы.* **Ұрық қандауыры.** б и о л . <лат. acrosoma, грек. acron – ұшы, soma – дене> *Аталық жыныс жасушасы – сперматозоид басының құрамындағы құрылым.* **Ұрық тамыршысы.** б и о л . *Өсімдік тамырының ұрықтағы белгісі.* **Ұрық түйіні.** б и о л . <лат. nodulus embryonycus> *Сүтқоректілер ұрық көпіршігі (бластоциста) ішіндегі күңгірт түсті ірі жасушалардан (бластомерлер) құралған түйін (эмбриобласт).* **Ұрық шашты.** *Өніп-өсті, көбейді.*

**ҰРЫҚҚАП** з а т . б и о л . *Жемістің тұқымды (ұрықты) қорғаған бөлігі.*

**ҰРЫ-ҚАРЫ** з а т . *Ұрлық жасайтын, соны кәсіп ететін адам.*

**ҰРЫҚСАТ** з а т . с ө й л . ***Рұқсат.***

**ҰРЫҚСАТСЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Рұқсатсыз.***

**ҰРЫҚТАН=** е т . *Тұқым шашу, ұрық егу.*

**ҰРЫҚТАНДЫР=** е т . *Тұқым шаштыру, ұрық ектіру.*

**ҰРЫҚТАНДЫРҒЫЗ=** е т . *Тұқым шашқызу, ұрық еккізу.*

**ҰРЫҚТАНДЫРҒЫЗУ** *Ұрықтандырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫҚТАНДЫРУ** *Ұрықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫҚТАНДЫРЫЛ=** е т . *Тұқым шаштырылу, ұрық ектірілу.*

**ҰРЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Ұрықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫҚТАНУ** *Ұрықтан етістігінің қимыл атауы; аталық және аналық жыныс клеткаларының қосылып, бір клеткалы ұрық-зиготаның түзілу процесі.*

**ҰРЫҚТЫҚ** с ы н . *Ұрық боларлықтай, ұрыққа тән.*

**Ұрықтық кезең.** б и о л . *Эмбриогенездің бастапқы кезеңі.* **Ұрықтық ұлпа.** б и о л . <лат. mesenchyma> *Ұрықтың алғашқы дәнекер ұлпасы.*

**ҰРЫҚ-ШАРҚЫ** з а т . *Ұрім-бұтақ, рух.*

**ҰРЫЛ=** е т . **1.** *Қақтығу, соқтығу.* **2.** *Таяқ жеп, соққыға жығылу.*

**ҰРЫЛУ** *Ұрыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫМ: ұлын Ұрымға [Үрімге], қызын Қырымға [Қытайға] шұбыртты [зыттырды!].** *Үрім-бұтағын бытыратып, тоз-тозын шығарды.*

**ҰРЫМТАЛ** с ы н . **1.** *Жақын, жуық, таяу.* **2.** *Қолайлы, ыңғайлы (жағдай).*

**Ұрымтал жер.** а) *Қолайлы жағдай, ыңғайлы жер.* ә) *Тұтқиылдан соқтығатын өкпе тұс, төте.*

**ҰРЫМТАЛДАУ** с ы н . *Қолайлырақ, ыңғайлылау.*

**ҰРЫМТАЛДЫҚ** з а т . *Қолайлылық, ыңғайлылық.*

**ҰРЫН=** е т . **1.** *Бір нәрсеге қақтығу, тиісу, соқтығу.* **2.** а у ы с . *Бір пәлеге, жаманшылыққа душар болу, кездесу, кезігу.* **3.** а у ы с . *Ебін, оңтайын табу.*

**Ұрынарға [ұрынуға] қара таппады.** *Кімге соқтығарын білмеді, біреуге тиісуге ілік іздеді.* **Ұрынып қалды.** *Сәтсіздікке жолықты, қапыда қалды.*

**ҰРЫН: ұрын жіберді.** этн. *Айттырған қыздың аулына күйеу жігітті сый-сияпатпен жасырын аттандырды.* **Ұрын жіберу.** этн. *Күйеуді айттырған қызға тойдан бұрын жеңгелеріне сыйлықтарын алып, қыздың аулына жасырын жөнелттіру салты.* **Ұрын келді [барды].** этн. *Айттырған қыздың аулына жеңгелеріне сый-сияпат алып, жасырын келді.* **Ұрын келу.** этн. *Қалыңмалының біразын өткізгеннен кейін күйеудің жөн-жоралғысымен, сыйлықтарымен қыз аулына бірінші рет келуі.*

**ҰРЫНҒЫШ** с ы н . *Ұрыншақ, тез бейімделгіш.*

**ҰРЫНДА=** е т . *Ұрын бару.*

**ҰРЫНДЫ: ұрынды жер.** *Ыңғайлы жер, қолайлы сағат.*

**ҰРЫНДЫР=** е т . *Душар ету, кезіктіру.*

**ҰРЫНДЫРУ** *Ұрындыр етістігінің қимыл атауы; душар ету.*

**ҰРЫНДЫРЫЛ=** е т . *Душар еткізу.*

**ҰРЫНКЕЗЕК** с ы н . ж е р г . *Немқұрайды.*

**ҰРЫНТ=** е т . **1.** *Душар ету, кезіктіру.* **2.** *Терлету, шаршату.*

**ҰРЫНТУ** *Ұрынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫНУ** *Ұрын етістігінің қимыл атауы.*

**Ұрынуға қара таппады.** *Өз-өзінен басына бөле тіледі, сеңдей соғысты, қағынды, құтырды.*

**ҰРЫНУШЫЛЫҚ** з а т . *Кезігушілік, ұшыраушылдық.*

**ҰРЫНШАҚ** с ы н . **1.** *Орынсыз біреуге тиісе беретін, соқтығa бергіш.* **2.** *Жаңғалақ, тұзы жеңіл. // Жаңғалақ, соқтыққыш кісі.* **3.** *Асау, алаңғасар, шәлкес (ат).*

**Ұрыншақ ат.** *Қызба, соқтыққыш ат.*

**ҰРЫНШАҚТАУ** с ы н . *Жаңғалақтау, алаңғасарлау.*

**ҰРЫНШАҚТЫҚ** з а т . *Жаңғалақтық, алаңғасарлық.*

**ҰРЫНЫС=** е т . *Қақтығысу, соқтығысу.*

**ҰРЫҢҚЫРА=** е т . *Сабаңқырау, жұмырық жұмсаңқырау.*

**ҰРЫҢҚЫРАУ** *Ұрыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫП-ЖЫҒУ** *Ұрып-жық етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫП-ЖЫҚ=** е т . *Мерт қылып сабау, сылқита өлімші қылып ұру.*

**ҰРЫП-СОҒУ** *Ұрып-соқ етістігінің қимыл атауы; соққыға жығу, таяқтау.*

**ҰРЫП-СОҚ=** е т . *Соққыға жығып, жәбірлеу.*

**ҰРЫП-ҰРЫП** ү с т . *Ұрып-соғып, жәбірлеп.*

**ҰРЫС**[1] з а т . **1.** *Соғыс, шайқас.* **2.** *Керіс, талас, жанжал.*

**Ұрыс дағдарысы.** ә с к . *Ұрыс қимылдары барысындағы шешуші кезең.* **Ұрыс даласы.** *Майдан даласы.* **Ұрыс жоспары.** ә с к . *Ұрыс қимылдарын жоспарлау жөніндегі құжаттар жиыны.* **Ұрыс жүргізу.** *Соғысу, ұрысқа шығу.* **Ұрыс қимылдары.** ә с к . *Қарулы күштердің барлық түрлерінің, бөлімдерінің, құрамаларының, бірлестіктерінің қойылған ұрыс тапсырмасын орындау барысында ұйымдасқан қимылдары.* **Ұрыс қылды.** *Наразылық білдірді, керісті.* **Ұрыс мәшинесі.** ә с к . *Түгелдей немесе жартылай сауыттанған, ұрыс жүргізуге, ұрыстық қимылдарды қамтамасыз етуге және әскерді басқаруға арналған қару-жарақ орнатылған шынжыр табанды немесе дөңгелекті өздігінен жүретін мәшине.* **Ұрыс салды.** а) *Қолма-қол ұрысқа кірісіп кетті, соғысты.* ә) *Жанжал шығарды.* **Ұрыс сипаты.** ә с к . *Белгілі бір ұрысқа тән жалпы сипаттар мен қасиеттердің және оның ерекшеліктері мен өзіне тән белгілерінің жиынтығы.* **Ұрыс тиімділігі.** ә с к . *Қарудың ұрыстық тиімділігі, оның әртүрлі жағдайдағы ұрыс тапсырмасын орындауға бейімделу деңгейі.*

**ҰРЫС**[2]**=** е т . **1.** *Керісу, дауласу, жанжалдасу.* **2.** *Қатты сөз айту, сөгу.* **3.** *Араздасу.* **4.** *Соғысу, төбелесу, қырқысу.* **5.** *Күңкілдеп, жақтырмай сөйлеу.* **6.** *Ақыл айту, дұрыс жолға бағыттау.* **7.** *Налу, қапа болу.*

**Ұрсып алды.** *Ешкім жоқта, оңашада кейіді.*

**ҰРЫС-ЖАНЖАЛ** з а т . *Дау, ұрыс, керіс.*

**ҰРЫС-КЕРІС** з а т . *Дау-жанжал, сойқан.*

**ҰРЫС-ҚАҒЫС** з а т . *Уақ-түйек, іліп-тартпа, кикілжің, шаншу сөз.*

**ҰРЫСҚАҚ** с ы н . *Ашушаң, ұрысқұмар, керіскіш, шәлкес мінезді.*

**ҰРЫСҚАҚТЫҚ** з а т . *Ашушаңдық, жанжалқойлық, ұрысқұмарлық.*

**ҰРЫСҚАЛ** с ы н . ж е р г . *Ұрысқақ.*

**ҰРЫСҚАНСУ** *Ұрысқансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫСҚАНСЫ=** е т . *Ұрсып, жекірген сияқты болу.*

**ҰРЫСҚЫШ** с ы н . *Ұрысқақ, ашуланшақ, керіскіш.*

**ҰРЫС-ТАЛАС** з а т . *Дау-дамай, жанжал.*

**ҰРЫС-ТӨБЕЛЕС** з а т . *Жанжал, қырғын, алыс-жұлыс.*

**ҰРЫСТЫҚ** с ы н . *Ұрысқа арналған, ұрысқа қатысты.*

**Ұрыстық атыс.** ә с к . *Штаттық оқ-дәрілермен штаттық қарудан нысаналарға ату; ату дайындығының жоғары формасы, армия мен флоттың жеке құрамын ұрысқа өте ұқсас жағдайларда қаруды қолдануға үйрету.* **Ұрыстық барлау шолғыны.** ә с к . *Маңдайшеп алдында және батальон немесе ротаның қапталдарында жергілікті жерді және қарсыласты барлау үшін жіберілетін барлау органы.* **Ұрыстық жабдықтау пункті.** *Қару қабылдау, оқ-дәрі қорларын сақтау, оларды атысқа ішінара дайындау және олармен бөлімшелерді қамтамасыз ету үшін ұрыс қимылдары кезеңінде батальонда*

*(ротада) ұйымдастырылатын ұрыстық жабдықтау пункті.*

**ҰРЫСТЫР=** ет. **1.** *Жанжалдастыру, керістіру.* **2.** *Ұрысқызу, қатты сөз айтып, соққызу.* **3.** *Соғыстыру, шайқастыру, төбелестіру.*

**ҰРЫСТЫРУ** *Ұрыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫСУ** *Ұрыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жанжалдасу, керісу.* **2.** *Соғысу, шайқасу, төбелесу.*

**Ұрысуға қара таппады.** *Ілік іздеді, сойқан салғысы келді.*

**ҰРЫСШЫЛ** сын. *Ұрысқұмар, басқаға тиіскіш.*

**ҰРЫСЫҢҚЫРА=** ет. *Ұрса түсу, жазғырыңқырау.*

**ҰРЫСЫҢҚЫРАУ** *Ұрысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰРЫСЫС=** ет. *Сөзге келісу, жанжалдасу.*

**ҰРЫША** үст. *Ұры сияқты.*

**ҰСА=** ет. сөйл. ***Ұқса.***

**ҰСАҚ** сын. **1.** *Кішігірім, майда, уақ.* **2.** ауыс. *Тиыннан құралған майда ақша.* **3.** ауыс. *Қой-ешкі, уақ мал.* **4.** ауыс. *Күйкі тіршілік, уақ-түйек.* **5.** ауыс. *Қақ-соққа құмар, өсек-аяңға мән бергіш (адам).* **6.** ауыс. *Кішкентай, болмашы нәрсе.* **7.** *Жұқалтаң, сіркіреп жауған, майда (жаңбыр, қар).* **8.** ауыс. *Мәнсіз, елеусіз, қарапайым.*

**Ұсақ адам.** *Біреудің мерейін көре алмайтын, іші тар кісі.* **Ұсақ бұзақылық.** заң. <ағыл. small hooliganism>. *Қылмыстық жаза қолданылатын бұзақылыққа жетекабыл әкімшілік құқық бұзушылық.* **Ұсақ бүрлер.** биол. <лат. microvilli> *Жасуша қабықшасы (плазмолемма) мен цитоплазмасының тым ұсақ өсінділері.* **Ұсақ глиоциттер.** биол. <лат. microgliocytus> *Жүйке ұлпасының құрамында болып, қорғаныш қызметін атқаратын моноциттер туындысы.* **Ұсақ қара.** *Қой, ешкі сияқты уақ мал.* **Ұсақ құмды саздақ.** *Кейбір қасиеттерімен лёсқа ұқсас, бірақ көп қабатты, сазды, құмды, кейде қиыршық түйірлер түрінде болатын саздақ.* **Ұсақ саудагер.** *Ұсақ-түйек сатумен тиын-тебенін тауып жүрген адам.* **Ұсақ сезім.** бейн. *Көрсеқызарлық, желікпе сезім.* **Ұсақ сөз.** *Мәнсіз әңгіме, өсек-аяң, пыш-пыш сөз.* **Ұсақ топырақ.** *Түйірлері өте ұсақ, 1 мм шамасынан да кіші болатын топырақ.* **Ұсақ түйіршікті уылдырық.** *Сазан, көксерке, қаракөз, табан, шортан, жайын сияқты балықтардан алынатын уылдырықтың түрі.* **Ұсақ шабақ.** *Тұқы тұқымдасына жататын ұсақ балық.*

**ҰСАҚЖАПЫРАҚТЫ** сын. *Жапырағы майда.*

**Ұсақжапырақты ақсора.** өс. <лат. suaeda microphylla>. *Өркендері күлгін түсті, жапырағы ұсақ, гүлі екі-үштен шоғырлана орналасқан сора тұысына жататын бұта түріндегі біржылдық өсімдік.*

**ҰСАҚЖАПЫРАҚТЫЛЫҚ** зат. биол. *Топырақта цинк жетіспеуден болатын жеміс дақылының кеселі.*

**ҰСАҚСЫН=** ет. *Менсінбеу, қанағат тұтпау.*

**ҰСАҚСЫНУ** *Ұсақсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАҚТА=** ет. **1.** *Майдалау, ұнтақтау, ұсату.* **2.** ауыс. *Азғындау, азып-тозу.* **3.** *Ақшаны майдалау.* **4.** ауыс. *Босату, жібіту.* **5.** ауыс. *Тіршілік күйбеңінен аса алмау, қақ-соққа мән беру.*

**ҰСАҚТАҒЫШ** зат. *Мал азығын ұнтақтап бөлуге арналған мәшине.*

**ҰСАҚТАЛ=** ет. **1.** *Майдалану, ұсатылу, ұнтақталу.* **2.** ауыс. *Азғындану, азып-тозу.* **3.** ауыс. *Шашырау, әр тарапқа кету, шымшытырық болу.*

**Ұсақталған тас.** *Табиғи жолмен үгілген немесе жасанды түрде әдейі майдаланған ұсақ тастар.*

**ҰСАҚТАЛУ** *Ұсақтал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Майдалану, ұсатылу.* **2.** ауыс. *Азғындану, азып-тозу, күйбең тіршіліктен аса алмау.*

**ҰСАҚТАН=** ет. *Майдалану, азып-тозу, азғындану.*

**ҰСАҚТАНУ** *Ұсақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАҚТАС** зат. *Құрылыстық және жол жұмыстарына пайдаланылатын майдаланған тас.*

**ҰСАҚТАТ=** ет. **1.** *Майдалату, ұсату.* **2.** *Ақшаны майдалату, ірі ақшаны майда ақшаға айырбастау.* **3.** ауыс. *Азып-тоздыру, азғындату, күйбең тіршілікке бой ұрғызу.*

**ҰСАҚТАТУ** *Ұсақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАҚТАУ[1]** сын. *Майдалау, онша үлкен емес, кішірек.*

**ҰСАҚТАУ[2]** *Ұсақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАҚТАУШЫ** зат. *Жынысты уату, ұсақтау жұмыстарымен шұғылданушы маман.*

**ҰСАҚ-ТҮЙЕК** зат. **1.** *Майда-шүйде (зат).* **2.** *Кәкір-шүкір, қиқым-сиқым, жеңіл-желпі.* **3.** ауыс. *Кемшілік, қателік.* **4.** ауыс. *Күнделікті күйбең, күйкі тіршілік.*

**Ұсақ-түйек дүкені.** *Күнделікті тұрмысқа қажетті майда-шүйде зат сататын сауда орны.* **Ұсақ-түйек сатты.** *Күнделікті тұрмысқа қажетті майда-шүйде затпен сауда жасады.* **Ұсақ-түйек шаруа.** *Майда-шүйде тіршілік қамы.*

**ҰСАҚТЫҚ** зат. *Оншалықты маңызы жоқ, уақ-түйек, мәнсіз мәселемен шұғылданушылық.*

**ҰСАҚТІКЕН: ұсақтікен жүзген.** өс. <лат. calligonum spinulosum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген тұысына жататын өсімдіктің түрі.*

**ҰСАҚ-ҰЛАН** сын. *Үлкенді-кішілі, азды-көпті, майда-шүйде.*

**ҰСАҚШЫЛ** сын. *Ұсақ-түйекке мән бергіш, елегіш.*

**ҰСАҚШЫЛДЫҚ** зат. *Ұсақ құлық, анау-мынауға, ұсақ-түйекке мән берушілік.*

**ҰСАТ[1]=** ет. **1.** *Майдалау, ұнтақтау.* **2.** *Ақшаны майдалау.*

**ҰСАТ[2]=** ет. сөйл. ***Ұқсат.*** **1.** *Айнытпау, ұқсас ету.* **2.** ауыс. *Жолын қуғызу.* **3.** *Балау, телу.*

**ҰСАТҚЫШ** зат. *Қатты заттың кесектерін ұсақ бөлшектерге айналдырып ұсатуға, майдалауға арналған зертханалық не техникалық аспап.*

**ҰСАТТЫР=** ет. *Майдалату; ұсатқызу, ұнтақтату.*

**ҰСАТТЫРУ** *Ұсаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАТУ** *Ұсат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСАТЫЛ=** ет. *Майдалану, уатылу.*

**ҰСАТЫЛУ** *Ұсатыл етістігінің қимыл атауы.*

**Ұсатылу белдемі.** кен. *Жер қыртысының жарықтар мен жарықшақтар жүйесі кеңінен қамтыған белдемі.*

**ҰСАУ** *Ұса етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСҚЫН** зат. *Әлпет, кескін, кейіп.*

**Ұсқыны жаман.** *Түрі ұрейлі, адам көргісіз, келіссіз.* **Ұсқыны қашты.** *Түрден түр қалмады, сұрқы кетті.* **Ұсқының құрғыр!** қарғ. *Сұры, түрпаты келіспеген адамға айтылады.*

**ҰСҚЫНДЫ** сын. *Ұқсас, кескіндес, түстес.*

**ҰСҚЫНСЫЗ** сын. **1.** *Түрі жаман, бет-әлпеті келіспеген, реңсіз (кісі).* **2.** *Жаман, ескі, жұпыны (зат, нәрсе).* **3.** *Сұрқай, сұрықсыз (табиғат.)* **4.** *Жағымсыз, жеккөрінішті.* **5.** стиль. *Ақын бұл жерде қартая бастаған мосқал адамға қатысты айтып отыр.*

**ҰСҚЫНСЫЗДАН=** ет. *Түсі қашу, өңсіздену.*

**ҰСҚЫНСЫЗДАНУ** *Ұсқынсыздан етістігінің қимыл атауы*

**ҰСҚЫНСЫЗДАУ** сын. *Кескінсіздеу, реңсіздеу, сұрықсыздау.*

**ҰСҚЫНСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Кескінсіздік, реңсіздік, бет-әлпеттің келіспеушілігі.* **2.** *Заттың, нәрсені көнетоз, жұпыны болуы, көріксіздік.* **3.** *Жағымсыз, жеккөрінішті әрекеттер.*

**ҰСТА** зат. **1.** *Темірден неше түрлі бұйым жасап шығаратын қолөнері бар адам.* **2.** ауыс. *Өнерлі, шебер.* **3.** ауыс. *Тілмар, шешен.* **4.** ауыс. *Белсенді, көшбасшы, белді (азаматы).*

**Ұста дүкені.** *Ұсталық қалыптау немесе ұсталық баспалау жұмыстарын орындау үшін жабдықталған орын; Ұстахана, ұстаның жұмыс істейтін шеберханасы.* **Ұста көрген бала.** *Тәлім-тәрбие көрген бала.*

**ҰСТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені қолмен қармап тұту.* **2.** *Қолмен демеу, сүйеу.* **3.** *Жармасу, ұстау.* **4.** *Қолға түсіру.* **5.** *Бір нәрсені бекітіп жібермеу. // Адамның өз бойын белгілі бір қалыпта көрсетуі.* **6.** *Бір нәрсенің қолда болуы, кәсіп ету.* **7.** *Бағып-қағу, өсіру, күту.* **8.** *Бір затты бір жерге тұту, құру.* **9.** *Бір затты қажетке жарату, кәдеге асыру, пайдалану.* **10.** *Жазалап қамау, тұтқындау. // Қамап қою, торға салу.* **11.** *Елді басқару, ие болу.* **12.** *Жолын қуу, қолдау, жолына түсу.* **13.** *Еске сақтау, қадір тұту.* **14.** *Жібермей тұру, тоқтату.* **15.** *Көтеру, алдына алып отыру.* **16.** *Адамның өзін әртүрлі жағдайда көрсетуі.* **17.** ауыс. *Қалқан қылу, қорғану.*

**Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында.** *Кім көрінгенге жем болды, талапайға түсті.* **Ұстап алды.** а) *Қолға түсірді, тұтқындады.* ә) *Шап берді, бас салды.* **Ұстаса – уысында, ашса – алақанында.** *Дегенін қылды, білгенін жасады, бар билік өзінде.*

**ҰСТАҒАН** зат. жерг. *Ет турағанда қонақ қарап отырмас үшін берілетін кесек ет.*

**Ұстағандап беру.** *Етті ұсақтап турамай, кесек түрінде беру.*

**ҰСТАҒАНСЫ=** ет. *Ұстаған сияқты қимыл жасау.*

**ҰСТАҒЫШ[1]** зат. *Зат ұстау қабілеті бар бұйым.*

**ҰСТАҒЫШ[2]** зат. жерг. *Балық ұстайтын ау.*

**ҰСТАҒЫШ[3]** зат. жерг. *Тұтқа.*

**ҰСТАҒЫШ[4]** сын. *Ұстауға шебер.*

**Ұстағыш канал.** сушар. *Құрғатылған егістікке сырттан жерасты ыза суының келуін тоқтататын канал.*

**ҰСТАД** зат. ескікіт. *Ұстаз, ақылшы.*

**ҰСТАЗ** [ир. استاد] зат. **1.** *Тәлім-тәрбие, білім егетін оқытушы.* **2.** *Белгілі бір өнердің түрін үйретуші.* **3.** *Ақылшы, басшы.*

**Ұстаздан ғылым алды.** *Мұғалімнен ілім-білім үйренді, сауатын ашты.* **Ұстаз [алдын] көрмеген.** *Ұстаздан дәріс алмаған, оқымаған, сауатсыз.* **Ұстаз тұтты.** *Ұстазым деп санады.*

**ҰСТАЗДЫҚ** зат. *Оқытушылық, мұғалімдік, жетекшілік, басшылық.*

**Ұстаздық қылды [етті].** *Бала оқытты, үйретті, мұғалімдік қызмет атқарды.*

**ҰСТАЗХАНА** зат. *Мектептегі мұғалімдер бөлмесі.*

**ҰСТАЛ=** ет. **1.** *Қолға түсу, қамалу, тұтқындалу.* **2.** *Пайдаланылу, жаратылу.* **3.** *Ұстанылу, бағыт алу.* **4.** *Қаражаттың, ақшаның белгілі бір бөлігінің аударылмай, бөлінбей қалуы, қолға берілмеуі.* 200 теңге *ұсталды.*

**Ұсталған шығын.** экон. *Өнімді өндіруге жұмсалатын ағымдағы шығын.*

**ҰСТАЛУ** *Ұстал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қолға түсірілу, тұтқындалу, қамауға алыну.* **2.** *Қолда болу, пайдаланылу.*

**ҰСТАЛУШЫ** зат. заң. *Қолға, қамауға түскен адам.*

**ҰСТАЛЫҚ** зат. **1.** *Ұста өнерін кәсіп етушілік.* **2.** *Шеберлік.*

**Ұсталық цех.** тех. *Тоқпақта соғып, соғылма жасайтын цех.*

**ҰСТАЛЫҚ-ҚАЛЫПТАУ: ұсталық-қалыптау цехы.** тех. *Ыстықтай қалыптайтын қосинді баспақта және көлденең соғу машинасында қалыптап, соғылма жасайтын цех.*

**ҰСТАЛЫМ** зат. *Фотоаппарат тетігінің ашылып-жабылу уақыты.*

**ҰСТАЛЫН=** ет. **1.** *Қолға түсірілу.* **2.** *Ақшаның белгілі бір бөлігінің берілмей, алынып қалуы.*

**ҰСТАЛЫНУ** *Ұсталын етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАМ** зат. *Өзін-өзі ұстай білушілік.*

**ҰСТАМА[1]** зат. *Сопа-сопада ауыратын ауру, елірме мінез.*

**Ұстамасы ұстады.** *Ауырып қалды, ұстама ауруы қайталады.*

**ҰСТАМА**[2] зат. ***Қуғын.***

**ҰСТАМАЛА=** ет. *Қаумалап ұстай беру.*

**ҰСТАМАЛАУ** *Ұстамала етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАМАЛЫ** сын. *Соқпа-соқпада ұстайтын, үйреншікті талма (ауру).*

**Ұстамалы ауру.** мед. <лат. epilepsia>. *Қояншық, талма ауруы.*

**ҰСТАМДЫ** сын. *Байыпты, байсалды, сабырлы.*

**ҰСТАМДЫҚ** зат. сөйл. **1.** ***Ұстамдылық.*** **2.** *Беріктік, мықтылық.*

**ҰСТАМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Байыптылық, байсалдылық, сабырлық.* **2.** псих. *Адамның бойындағы жағымды қасиет; өз тәртібін қадағалай білу, қызбалығы мен ұстірт әрекетін тежей алу, оларды қолданыстағы тәртіп нормалары мен ережелеріне бағындыру.*

**ҰСТАМДЫРАҚ** сын. *Ұстамдылау, байсалдырақ, сабырлылау.*

**ҰСТАМПАЗ** сын. *Ұстағыш.*

**ҰСТАМСЫЗ** сын. **1.** *Өзін-өзі ұстай алмайтын, шыдамсыз.* **2.** *Өзіндік ұстамы жоқ, тұрақсыз.*

**ҰСТАМСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Өзін-өзі ұстай алмаушылық, шыдымсыздық, сабыр сақтамаушылық.* **2.** *Өзіндік ұстамы жоқтық, тұрақсыздық, бостық.*

**ҰСТАН**[1] зат. жерг. *Тіреу.*

**ҰСТАН**[2]**=** ет. *Бір нәрсеге жан-тәнімен берілу, соның жолын қуу.*

**Ұстанған діні.** *Діни наным-сенімі, тұтынған діні.*

**ҰСТАНЫМ** зат. *Нақты бір мәселеге көзқарас.*

**ҰСТАНУ** *Ұстан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің жолын қуу, өмірлік ұстаным ету.* **2.** *Үлгі тұту.*

**ҰСТАҢҚЫРА=** ет. *Ұстағандай болу, ұстаған сияқтану.*

**ҰСТАҢҚЫРАУ** *Ұстаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАР: ат ұстар.** көне. этн. *Жаңа туған жас бала, ұл.*

**ҰСТАРА** [ар. استره] зат. **1.** *Шаш алатын, сақал-мұрт қыратын өткір пышақ.* **2.** ауыс. *Қылшылдаған, өткір.*

**Ұстараның жүзіндей.** а) *Аумалы-төкпелі, бірде олай, бірде былай.* ә) *Өткір, қайралған.* **Ұстараның жүзінде отыр.** *Өте қиын, қысылтаяң жағдайда қалу туралы айтылады.* **Ұстараның жүзінде отырды.** *Өте қиын, қысылтаяң жағдайда қалды.* **Ұстара дүзі тимеген.** *Сақал-мұрты көптен алынбаған.*

**ҰСТАРАСЫЗ** сын. *Ұстарасы жоқ, ұстара қолданбаған, ұстарамен алынбаған.*

**ҰСТАРЛЫҚ: ел ұстарлық.** *Ел билерлік, ие боларлық.*

**ҰСТАРТ=** ет. **1.** *Жетілдіру, ұштау, шыңдау.* **2.** *Әрі қарай айта түсу, қыздыру, өрбіту.*

**ҰСТАРТУ** *Ұстарт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАС=** ет. **1.** *Алысу, тіресу, төбелесу.* **2.** *Біреумен байланысу, өштесу, тартысу.* **3.** *Жанжалдасу, керісу.* **4.** *Ұстауға көмектесу, болысу.* **5.** ауыс. *Су бетіне мұз қатып, беки түсу.*

**ҰСТАСТЫР=** ет. *Қол ұстастыру, біріктіру, қосу.*

**ҰСТАСТЫРУ** *Ұстастыр етістігінің қимыл атауы; байланыстыру, біріктіру, жапсарластыру.*

**ҰСТАСУ** *Ұстас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алысу, тіресу, төбелесу.* **2.** *Біреумен байланысу, тартысу, жағаласу.*

**ҰСТАТ=** ет. **1.** *Қолға беру.* **2.** *Екі затты бір-бірімен байланыстыру, бекіту.* **3.** *Бір затты екінші затқа ілу, таңу.* **4.** *Қамату, тұтқындату, түрмеге жаптыру.* **5.** *Болымсыз тұлғада жеткізбеу, қашу деген мағынаны білдіреді.* **6.** *Болымсыз тұлғада қолға түспеу, арман болу деген мағынаны білдіреді.*

**ҰСТАТҚЫЗ=** ет. *Қолға бергізу, қол тигіздіру, ұстаттыру.*

**ҰСТАТҚЫЗУ** *Ұстатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАТТЫР=** ет. *Бір-бірінің қолынан ұстатқызу.* **2.** *Байланыстыру, бекіту.*

**ҰСТАТТЫРУ** *Ұстаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСТАТУ** *Ұстат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қолға беру, қолға тигізу.* **2.** *Бекіту, байланыстыру.* **3.** *Тұтқындату, қамауға алғызу, түрмеге жаптыру.*

**ҰСТАУ** *Ұста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені қолмен қармап тұту.* **2.** *Белгілі бір жерде болуын қадағалау.* **3.** *Қолға түсіру, қамау.* // заң. *Қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу, ұсталған адамның қылмысқа қатыстылығын анықтау мақсатында қылмыс жасады деп сезіктелген адамға қолданатын қысқа мерзімді мәжбүрлеу шарасы.*

**Ұстауға салу.** *Қамау, түрмеге жабу.*

**ҰСТАХАНА** зат. *Темірден әртүрлі заттар жасап шығаратын дүкен.*

**ҰСТЫН** зат. **1.** *Үй құрылысының үстіңгі жағын көтеріп ұстап тұру үшін қойылатын тіреу, баған.* **2.** ауыс. *Тірек, қорғаныш, тұғыр.*

**ҰСТЫНДЫҚ** сын. *Тірек боларлық, негізгі.*

**ҰСТЫНША** зат. **1.** *Қатар бағанаша.* **2.** *Бірінің астына бірі жазылған қысқаша жазулардың қатары.*

**ҰСЫН=** ет. **1.** *Бір затты біреуге қолымен әперу.* **2.** *Қолын беру.* **3.** ауыс. *Белгілі бір атақ-дәрежеге алуға қолайлы деп табу, ұйғару, қалау.* **4.** *Белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға ұсыныс жасау.* **5.** *Беру, сыйлау.* **6.** ауыс. *Көрсету, таныту.* **7.** ауыс. *Көздеу, нысанаға алу, кезеу.* **8.** ауыс. *Орын беру.*

**ҰСЫНАҚТЫ** сын. сөйл. *Өнерпаз, шебер.*

**ҰСЫНБАЛЫ** сын. *Белгілі бір ұсыныстарды, пікірлерді қамтитын.*

**Ұсынбалы көрсеткіш.** *Белгілі бір ұсыныстарды, пікірлерді қамтитын көмекші құрал.*

**ҰСЫНҒЫЗ=** ет. *Бір затты біреуге әпергізу, қолын бергізу.*

**ҰСЫНҒЫЗУ** *Ұсынғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСЫНДЫР=** ет. *Белгілі бір атақ-дәрежеге, қызметке қолайлы деп таптыру, ұйғарту.*

**ҰСЫНДЫРУ** *Ұсындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСЫНТ=** ет. *Ұсыныс жасату.*

**ҰСЫНТУ** *Ұсынт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰСЫНУ** *Ұсын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір затты біреуге қолымен әперу.* **2.** *Бір мақсатты жүзеге асыруға ұсыныс жасау.*

**ҰСЫНЫҚТЫ** сын. сөйл. ***Ұсынақты.***

**ҰСЫНЫҚТЫЛЫҚ** зат. *Іскерлік, пысықтық, шеберлік.*

**ҰСЫНЫЛ=** ет. **1.** *Берілу, әперілу.* **2.** *Белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға ұсыныс жасалу.* **3.** *Белгілі бір атақ-дәреже, қызметке қолайлы деп табылу.*

**ҰСЫНЫЛУ** *Ұсыныл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір қызметке тағайындалу, атақ-дәреже берілу; ұсыныс жасалу.* **2.** *Пайдаланылу, пайдаға жаратылу.*

**ҰСЫНЫМ** зат. экон. *Рыноктағы немесе тауар өндірушіні қанағаттандыратын тиісті баға бойынша өндіріліп, сатуға ұсынылуы мүмкін тауарлардың жиынтығы.*

**Ұсыным ауытқымасы.** экон. *Сатушылар (сатушы) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде түрлі бағамен сатуға ұсынатын тауарды немесе қызметтің мөлшерін көрсететін ауытқыма.* **Ұсынымды молайту.** экон. *Рынокта кез келген бағамен ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің көлемін ұлғайту; ауытқымалы ұсынымды оңға қарай сырғыту.* **Ұсыным жер.** *Жақын қашықтық.* **Ұсыным факторы.** экон. *Ресурстың қолда бар мөлшерін ұлғайту, оның сапасын арттыру немесе экономика үшін тауарлар мен қызметтерді көп мөлшерде өндіру мүмкіндігін жасайтын техникалық білімдерді кеңейту.*

**ҰСЫНЫМ: қол ұсыным.** *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ҰСЫНЫС**[1] зат. *Нақтылы тілек, тұжырымды пікір.*

**ҰСЫНЫС**[2] зат. жерг. *Қайырым, қатынас, аралас.*

**ҰТ=** ет. **1.** *Екі жақ болып сайысқанда біреуі екіншісін тізе бүктіру, жеңу; пайда келтіру.* **2.** *Соғыста, шайқаста жеңіп шығу, тізе бүктіру.* **3.** *Бастырмалау, тықсыру.* **4.** *Жол қысқарту.* **5.** *Уақытты үнемді пайдалану.* **6.** *Өз пайдасына шешу, пайда келтіру.*

**ҰТҚЫЗ=** ет. **1.** *Ойыннан жеңілу.* **2.** *Жол қысқарту.*

**ҰТҚЫЗУ** *Ұтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТҚЫЗЫҢҚЫРА=** ет. *Жеңіліңкіреу.*

**ҰТҚЫР** сын. *Ұтымды, мазмұнды, өнімді.*

**ҰТҚЫРЛЫҚ** зат. *Ұтымдылық, мазмұндылық.*

**ҰТТЫР=** ет. **1.** *Ойыннан жеңілу.* **2.** *Біреуде есесі кету, есесін жіберіп алу.* **3.** *Уақытты босқа кетіру.*

**ҰТТЫРУ** *Ұттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТУ** *Ұт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңу.* **2.** *Біреуге есесін жібермеу.* **3.** *Уақыттан озу, уақытты үнемді пайдалану.*

**ҰТЫҚ**[1] зат. *Ұтымды түйін, түйінді сөз.*

**ҰТЫҚ**[2] зат. жерг. *Ұрық, ру, сүйек.*

**ҰТЫҚТЫ** сын. *Ұтымды, үйлесімді, орынды.*

**Ұтықты сөз.** *Орамды, ұтымды сөз.*

**ҰТЫЛ=** ет. **1.** *Екі жақ болып сайысқанда біреуінің екіншісіне тізе бүгуі, жеңілуі.* **2.** *Соғыста, шайқаста жеңіліс табу, тізе бүгу.* **3.** *Есесін жіберіп алу.* **4.** *Шығындану, пайда көрмеу.*

**ҰТЫЛА=** ет. **1.** *Бірінен соң бірі іліп әкету, жалтаруға мүмкіндік бермеу, бастырмалау.* **2.** *Сатылау.*

**ҰТЫЛАС=** ет. *Бір-бірімен жалғасу.*

**ҰТЫЛАСУ** *Ұтылас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТЫЛАУ** *Ұтыла етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТЫЛУ** *Ұтыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңілу, мойынсыну.* **2.** *Уақыт оздыру.* **3.** *Шығындану, ұтылыс табу, пайда көрмеу.*

**ҰТЫЛЫҢҚЫРА=** ет. *Ұтылыс табыңқырау, жеңіліңкіреу.*

**ҰТЫЛЫҢҚЫРАУ** *Ұтылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТЫЛЫС** зат. *Ұтылып қалушылық, жеңіліс.*

**Ұтылыс тапты.** *Ұтылып қалды, жеңілді.*

**ҰТЫЛЫССЫЗ** сын. *Ұтылысы жоқ, ұтылмайтын.*

**Ұтылыссыз қарыз.** *Қарыз мерзімі бойынша барлық облигациялар ойналып, ұтатын қарыз.*

**ҰТЫМ** зат. *Нәтиже, қорытынды.*

**ҰТЫМДЫ** сын. **1.** *Ұтықты, ұтқыр (сөз).* **2.** *Тиімді, пайдалы.*

**ҰТЫМДЫЛЫҚ** зат. *Тиімділік, ұтқырлық.*

**ҰТЫМДЫРАҚ** сын. *Ұтықтылау, тиімдірек.*

**ҰТЫМСЫЗ** сын. *Мәнсіз, жөн-жосықсыз, тиімсіз.*

**Ұтымсыз сұраным.** экон. *Мақсатты түрде қарсы әрекет жасауды талап ететін, денсаулыққа зиянды тауарларға (темекіге, алкогольді ішімдікке т. б.) сұраным.*

**ҰТЫМТАЛ** сын. *Бір нәрсенің, не қимылдың тиімді, қолайлы жері.*

**ҰТЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Жеңіңкіреу, жеңіске жетіңкіреу.* **2.** *Өндіріп тастау, қарпу.*

**ҰТЫҢҚЫРАУ** *Ұтыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰТЫР** зат. жерг. *Жөні, реті, қисыны.*

**Ұтыры келген жерде.** *Орайы келгенде, сәті түскенде.* **Ұтырын тапты.** *Жөнін, ретін, қисынын келтірді.*

**ҰТЫРЛАС=** ет. жерг. *Бірлесу, жабылу.*

**Ұтырласып сөйлесу.** жерг. *Кезектесіп сөйлесу.*

**ҰТЫРЛЫ** сын. жерг. **1.** *Ұтымды, ұтқыр.* **2.** *Пайдалы, тиімді.* **3.** *Ұтымтал, қолайлы.*

**Ұтырлы жерін тапты [күтті, тосты].** *Қолайлы кезін, ұтымды сәтін пайдаланды.*

**ҰТЫС** зат. **1.** *Сайысқа түсіп жеңіп шығу, жеңіске ие болу ісі.* **2.** *Ұтып алынған пайда, түсім, олжа.*

**ҰТЫС=** ет. *Ойында алма-кезек ұту.*

**Ұтыстық қарыз.** *Ұтыс түрінде табис төленетін қарыз.*

**ҰШ** зат. *Бір нәрсенің таусылған жері, шеті, шегі.*

**ҰШ[1]=** ет. **1.** *Көкке көтерілу, аспанға шығып қалықтау, әуелеу.* **2.** *Қанаты қату.* **3.** *Желдің, дауылдың, құйынның әсерінен жерден бір көтеріліп, бір түсіп домалау.* **4.** *Буланып, түтін болып, жоғары шығып таралу, жайылу.* **5**. *Шаңғу, шаңы шығу.* **6.** стиль. *Қаны кеуіп, шөлдеу, қаталау.* **7.** *Шапшаң басып жүгіру, зымырау.* **8.** *Ұшаққа мініп жету.* **9.** *Оқ атылу.* **10.** *Ағаш жапырағының желдің әсерінен түсіп қалуы.* **11.** ауыс. *Ұмтылу, талаптану.* **12.** ауыс. *Ән салынып, жыр айтылу.*

**Ұшарға қанаты жоқ.** а) *Тағат таппады, не қыларын білмеді.* ә) *Қолдан келер ештеңе жоқ, шарасыз, дәрменсіз.* б) *Аңсау, тағат таппай күту мағынасында.* **Ұшар көл, қонар көгі тарылды**. *Бұл жерде мекен еткен жері тарылды деген мағынада айтылып тұр.* **Ұшарымды жел [ұшарын], қонарымды [қонарын] сай білсін [біледі].** *Белгілі тұрағы жоқ, басы ауған жаққа босып жүру мағынасында.* **Ұшарын жел, қонарын сай біледі.** *Белгілі тұрағы жоқ, басы ауған жаққа босып жүрді.* **Ұшатын құстай қомданды.** *Қанатын жазды.* **Ұшқан құс, жүгірген [жортқан] аң.** *Қыбыр еткен жан-жануар.* **Ұшқан құспен жарысты.** поэт. *Жүрісіне, шабысына көз ілеспеді.* **Ұшқан құстай шарықтады.** *Аяғы-аяғына тимеді, заулады.* **Ұшқан құстан озды**. *Зымырады, жүйткіді (жүйрік ат туралы).* **Ұшқан [ызыңдаған] шыбынның ызыңы [даусы] естілердей [естілетін(дей)], білінетін(дей)].** *Ың-дың жоқ, тып-тыныш.* **Ұшып түсті.** *Құлады, жалп ете қалды.*

**ҰШ[2]=** ет. **1.** *Егіннің, өсімдік жемісінің суыққа ұрынып үсіп кетуі.* **2.** *Суыққа ұрынып өлу, қырылу.*

**ҰША[1]** зат. *Екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы; сойылған малдың терісі, бас-сирағы, ішек-қарыны, өкпе-бауырынан басқа бөлігі.*

**Ұшанды сайла**. этн. *Сыйға лайықты сый қайтар деген мағынада айтылады.*

**ҰША[2]** зат. жерг. *Биік ағаштың ең жоғарғы ұшы (ұшар басы).*

**ҰШАҚ** зат. *Аспан арқылы адам және жүк таситын әуе кемесі.*

**Ұшақ курсы**. *Меридиандардың бірі мен көлденең ұшу кезінде ұшақтың бойлық осі арасындағы бұрыш.* **Ұшақты басқару**. *Ұшу аппаратын адам немесе борттық автоматтық құрылғылар кешені жүзеге асыратын басқару процесі.*

**ҰШАҚ-АНФИБИЯ** зат. *Суда да, құрлықта да қозғалуға ыңғайлы көліктік не әскери мәшине.*

**ҰШАҚ-НЫСАНА** зат. әск. *Ұшқышсыз ұшақ.*

**ҰШАЛА=** ет. **1.** *Ұшаға бөлу.* **2.** ауыс. *Түйінін шешу, саралау.*

**ҰШАН[1]** зат. жерг. *Желкенді қайықтың үлкен түрі.*

**ҰШАН[2]** зат. жерг. *Теңіз айдыны.*

**ҰШАН[3]** сын. **1.** *Ұшы-қиыры жоқ.* **2.** ауыс. *Көл-көсір, мол.*

**Ұшан дала**. *Кең дала, кең жазық.*

**ҰШАНДАҚ** зат. көне. *Ұшы-қиыры жоқтық.*

**ҰШАН-ДАРИЯ** сын. *Көз жеткісіз, ұшы-қиыры жоқ, орасан көп.*

**ҰШАН-ТЕҢІЗ** сын. **1.** *Ұлан-қайыр, шексізшетсіз.* **2.** *Көл-көсір.*

**ҰШАР[1]** зат. *Биік ағаштың, таудың жоғарғы жағы.*

**Ұшар басы**. *Биік ағаштың, таудың т.б. ең жоғарғы ұшы, төбесі.*

**ҰШАР[2]** зат. зоол. <лат. pteromyini> *Денесі жалпақтау, құйрығы қысқалау, алдыңғы және артқы аяқтарын қалың жабылған жалпақ тері қатпары бар тиінге ұқсас жәндік.*

**ҰШАР: ұшар ит.** зоол. *Итбас жарқанаттың бір түрі.*

**ҰШАТ** зат. жерг. *Ішіне 4-5 шелек су сиятын екі жағында құлағы бар ағаш ыдыс.*

**ҰШБУ** есім. көне. *Осы.*

**ҰШБЫР** зат. *Майдалайтын құрал.*

**ҰШҚАЛАҚ** зат. *Барлық әшекей ісіне тән үш мүйізді, үш тармақты, үш жапырақты өрнек.*

**ҰШҚАЛАҚ** сын. **1.** *Ұйытқып соққан (жел).* **2.** ауыс. *Жеңілтек, шошақай, тұштақай.* **3.** ауыс. *Алып-қашпа, анық емес.*

**Ұшқалақ мінез.** *Алып-ұшпа, жеңілтек, жаңғалақ мінез.*

**ҰШҚАЛАҚТА=** ет. *Ұшқалақтық көрсету, жеңілтектік жасау.*

**ҰШҚАЛАҚТАН=** ет. *Жеңілтектену, шошақайлану.*

**ҰШҚАЛАҚТАНУ** *Ұшқалақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚАЛАҚТАУ[1]** сын. *Шошақайлау, жеңілтектеу.*

**ҰШҚАЛАҚТАУ[2]** *Ұшқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚАЛАҚТЫҚ** зат. *Жеңілтектік, шошақайлық, тұштақайлық.*

**Ұшқалақтық істеді [жасады].** *Асықты, асығыстық жасады.*

**ҰШҚАНАҚ** зат. *Ұшпа қар, сирек жауған қар.*

**ҰШҚАРЫ** сын. *Байыбына бармай, жеңілжелпі, үстіртін.*

**Ұшқары сөйлеу.** *Ойланбай айта салу.*

**ҰШҚАРЫЛАУ** сын. *Жеңіл-желпілеу, үстіртіндеу.*

**ҰШҚАРЫЛЫҚ** зат. *Істің байыбына бармай, үстіртін қимыл-әрекет жасаушылық.*

**ҰШҚАРЫРАҚ** сын. *Ұшқарылау, жеңіл-желпілеу.*

**ҰШҚАС=** ет. *Бір-бірімен жалғасу, ынтымақтасу.*

**ҰШҚАСУ** *Ұшқас етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚАТ** зат. өс. <лат. lonicera> ***Ушкат.*** *Ұсақ жапырақты бұта өсімдігі.*

**ҰШҚЫН** зат. **1.** *Жалын шашқан ұсақ шоқ.* **2.** *Ұшқындап жауған майда қар, қылау.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің белгісі, нышаны, көрінісі.* **4.** *Шашыранды, ұсақ зат.* **5.** ауыс. *Болмашы, кішкене нәрсе.* **6.** ауыс. *Қайрат-жігер.* **7.** ауыс. *Махаббат, сезім.*

**Ұшқын жылтырады.** *Үміттенді.* **Ұшқыннан өрт [от] шығады.** *Болмашы нәрседен зор шатақ туады деген мағынада.* **Ұшқын шашты [атты, шашырады, шықты].** *Жарқырады, жайнады, жалын шашты.* **Ұшқыны тиді.** *Кесір шарпуы іліп кетті.*

**ҰШҚЫНДА=** ет. **1.** *Ұшқын болып ұшу, қиыршықтану.* **2.** *Алаулап көріну.* **3.** *Көзінен ұшқын шашу, жайнау.*

**ҰШҚЫНДАЙ** сын. *Ұшқын сияқты.*

**ҰШҚЫНДАЛ=** ет. *Ұшқын шашу, жалындау.*

**ҰШҚЫНДАЛУ** *Ұшқындал етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫНДАН=** ет. **1.** *Ұшқын шашу, алаулану.* **2.** *Көзі жайнау, от шашу.*

**ҰШҚЫНДАНУ** *Ұшқындан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫНДАС** сын. *Ұқсас, бір сарынды.*

**ҰШҚЫНДАТ=** ет. **1.** *Ұшқын шаштыру, ұшқын қып шашырату.* **2.** *Көзінен ұшқын шашқызу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің белгісін, нышанын білдіру, үміттендіру.*

**ҰШҚЫНДАТУ** *Ұшқындат етістігінің қимыл атауы..*

**ҰШҚЫНДАУ** *Ұшқында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұшқын болып ұшу.* **2.** ауыс. *Ұшқыны тию, пайда болу.*

**ҰШҚЫНДЫ** сын. **1.** *Ұшқын атқан, ұшқындаған.* **2.** *Жайнаған, ұшқын шашқан өткір (көз).* **3.** ауыс. *Жалынды, тегеурінді (сөз).*

**ҰШҚЫНДЫР=** ет. *Ушықтыру, шиеленістіру.*

**ҰШҚЫНДЫРУ** *Ұшқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫНТ=** ет. *Құтырту, қыздыру.*

**ҰШҚЫР** сын. **1.** *Ұшатын, ұшқыш.* **2.** *Жүрдек, ұшпа (поезд, самолет т.б.).* **3**. *Жүйрік (ат).* **4.** ауыс. *Тегеурінді, өткір, майталман.* **5.** ауыс. *Шебер, бейім.* **6.** ауыс. *Аумалытөкпелі заман.*

**Ұшқыр аттай.** *Жұлдыздай ағатын жүйрік аттай.*

**ҰШҚЫРЛА=** ет. **1.** *Ұштау, шырату.* **2.** ауыс. *Шыңдау, жетілдіру.*

**ҰШҚЫРЛАН=** ет. *Өткірлену, ұшталу.*

**ҰШҚЫРЛАНДЫР=** ет. *Ұшқыр ету, ұштау, шыңдау.*

**ҰШҚЫРЛАНДЫРУ** *Ұшқырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫРЛАНУ** *Ұшқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫРЛАУ[1]** сын. **1.** *Ұшқырырақ, өткірірек.* **2.** *Жүйріктеу.*

**ҰШҚЫРЛАУ[2]** *Ұшқырла етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШҚЫРЛЫ** сын. *Ұшталған, өткір.*

**ҰШҚЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Жүрдектік, шапшаңдық, ұшпалық.* **2.** *Жүйріктік.* **3.** ауыс. *Тегеуріндшлік, өткірлік.*

**ҰШҚЫШ[1]** зат. *Ұшақ, тікұшақ сияқты әуе кемесін ұшып басқаратын адам, пилот.*

**Ұшқыштар мектебі**. *Ұшқыш мамандығын оқытатын оқу орны.*

**ҰШҚЫШ[2]** сын. *Ұшуға бейім, ұшатын.*

**Ұшқыш кесірткелер.** зоол. <лат. pterosauria> *Ұшуға бейімделген диапсидті бауырымен жорғалаушылар отряды.* **Ұшқыш шар**. *Көлемі 3–4 текше метрге дейін болатын, сутегімен толтырылған резеңке шар.*

**ҰШҚЫШТЫҚ** зат. *Әуе кемесін жүргізушілік.*

**ҰШПА[1]** зат. жерг. *Таудың ең биік жері, шың, құз.*

**ҰШПА[2]** сын. **1.** *Ұшатын, ұшып жүретін.* **2.** *Жеңіл, қаңылтақ.* **3.** ауыс. *Жеңілтек (мінез).* **4.** *Тіз етпе, шықпа, ұшқыр.* **5.** ауыс. *Алып-ұшпа (көңіл).*

**Ұшпа балықтар.** зоол. *Теңізде, мұхитта кездесетін және су бетіне шығып, ондаған, жүздеген метрге дейін ұша алатын балық түрлері.* **Ұшпа бұлт.** *Түйдек-түйдек болып шоғырланған алашабыр бұлт.* **Ұшпа жеміс**. бот. *Өсімдік тұқымдары мен жемістерінің жел арқылы тарауға бейімделген түрлері.*

**ҰШПА[3]** зат. *Шоқ-шоқ болып жөңкіген бұлт.*

**ҰШПАДАЙ** сын. *Ұшпа сияқты.*

**ҰШПАҚ** зат. **1.** діни. *Бейіш, жұмақ.* **2.** ауыс. *Бақытты өмір, шат тұрмыс.*

**Ұшпағына жетті.** *Мұрат-мақсаты орындалды, бақытты болды.* **Ұшпаққа жеткізді**. *Жарылқады.* **Ұшпаққа шығарды**. *Жарылқады, бақытқа жеткізді.* **Ұшпаққа шықты**. *Бақытқа кенелді, мақсатына жетті; арман-мақсатының бәрі орындалды.*

**ҰШПАЛЫ** сын. **1.** *Ұшып кететін, ұшып жүретін.* **2.** ауыс. *Алып-ұшқан.*

**ҰШПЫР** зат. сөйл. ***Ұшбыр.***

**ҰШПҰТТА=** ет. жерг. *Шідерлеу, шідер салу.*

**ҰШТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені сүйірлеп ұшын шығару.* **2.** ауыс. *Шеберлік пен өнерлілікті арттыру, жетілдіру, жақсарту.*

**ҰШТАЛ=** ет. **1.** *Ұшы шығарылу.* **2.** *Киімнің жең ұшының шығарылуы.* **3.** ауыс. *Жақсартылу, жетілдірілу, шыңдалу.*

**ҰШТАЛУ** *Ұштал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұшы шығарылу.* **2.** *Жақсартылу, жетілдірілу, шыңдалу.*

**ҰШТАН=** ет. *Ұшкірлену, ұшы шығу.*

**ҰШТАҢҚЫРА=** ет. *Ұшын шығарыңқырау.*

**ҰШТАҢҚЫРАУ** *Ұштаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШТАП** зат. *Ақ түсті тығыз мата.*

**ҰШТАС=** ет. *Ұласу, жалғасу.*

**ҰШТАСТЫҚ** зат. *Үйлесімділік, жарасымдылық.*

**ҰШТАСТЫР=** ет. **1.** *Ұластыру, жалғастыру.* **2.** ауыс. *Байланыстыру, қатар алып жүру.*

**ҰШТАСТЫРУ** *Ұштастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұластыру, жалғастыру.* **2.** *Байланыстыру.*

**ҰШТАСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ұластырылу, жалғастырылу.* **2.** *Байланыстырлу, қатар жүрілу.*

**ҰШТАСТЫРЫЛУ** *Ұштастырыл етістігінің қимыл атауы; байланыстырылу, қатар жүрілу.*

**ҰШТАСУ** *Ұштас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұласу, жалғасу, байланысты болу.* **2.** *Бірігу, қосылу.*

**ҰШТАТ=** ет. **1.** *Ұшын шығару, сүйірлету.* **2.** *Шөп жинату.*

**ҰШТАТУ** *Ұштат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШТАУ** *Ұшта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұшын шығару.* **2.** ауыс. *Жақсарту, жетілдіру, шыңдау.*

**ҰШТАУЛЫ** сын. *Ұшы шыққан, ұшталған.*

**ҰШТЫ** сын. *Ұшы бар, ұшы шыққан, ұшкір.*

**ҰШТЫ-КҮЙДІ** үст. сөйл. *Біржола, мүлдем, із-түзсіз.*

**ҰШТЫ-КҮЙЛІ** үст. сөйл. ***Ұшты-күйді.***

**Ұшты-күйлі жоғалды.** *Із-түзсіз жоқ болды, хабарсыз кетті.* **Ұшты-күйлі жоқ [болды].** *Зымзия жоғалды.*

**ҰШТЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсенің ұш жағы.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің кішігірім бастамасы, шетпұшпағы.*

**Ұштығына шыға алмады.** *Шегіне жете алмады, шешімін таппады.* **Ұштығын шығарды.** *Шет-жағасын білдірді.* **Ұштығы түгіл, пұштығы да жоқ.** *Ештеңесі де жоқ, аты түгіл заты да жоқ деген мағынада.*

**ҰШТЫҚ[2]** зат. жерг. *Қаламұш.*

**ҰШТЫРМА** зат. *Қатты соққан жел, дауыл.*

**ҰШУ** *Ұш етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Самғау, қалықтау.* **2.** *Әуеге ұшақ (зымыран т.б.) шығару.*

**Ұшу алаңы.** *Аэродром аумағының ұшақтардың ұшуы мен қонуы үшін арнайы жабдықталған және дайындалған бөлігі.* **Ұшу жылдамдығы.** *Ұшақтардың ұрыстық қасиеттерін сипаттайтын негізгі фактор.* **Ұшу эшалоны.** *Әуе бойынша жаңа аэродромдарға орналастырылатын авиациялық бөлім мен құрамалардың күштері мен құралдары.*

**ҰШЫҒАДАЙ** сын. жерг. *Ұшы-қиыры жоқ.*

**ҰШЫҒУ** *Ұшық етістігінің қимыл атауы; шиленісу.*

**ҰШЫҚ[1]** зат. *Ұшынудан пайда болатын ауызмұрынға шығатын бөртпе, сулы жара.*

**Ұшық шықты.** *Суық тиіп не ұшынып, ерніне жара пайда болды.*

**ҰШЫҚ[2]** зат. *Дәнді-дақылды қырманда ұшырғанда шығатын жартыкеш жеңіл дән.*

**ҰШЫҚ[3]** зат. **1.** *Инеден қалған жіптің үзіндісі, үзігі.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің шет-пұшпағы, нышаны.*

**Ұшығына шықты.** *Бір нәрсенің шегіне жетті, шешімін тапты.* **Ұшығын шығарды.** *Шет-жағасын айтты, әңгіме бастады.*

**ҰШЫҚ=** ет. **1.** *Ұшығу, қағыну, зақымдану.* **2.** ауыс. *Шиеленісу, өрбіп-өршу.*

**ҰШЫҚ-ҰШЫҚ** зат. этн. *Ұшықтағанда айтылатын сөз.*

**ҰШЫҚБАС** зат. *Ортан жіліктің үлкен басы.*

**ҰШЫ-ҚИЫРЫ** зат. *Ол шеті мен бұл шеті.*

**Ұшы-қиыры жоқ.** а) *Шексіз-шетсіз, ұлан-байтақ.* ә) *Есепсіз, сансыз, мол.* **Ұшы-қиырына [ұшы мен қиырына] көз жетпейді.** *Ұшы-қиыры жоқ, ұлан-байтақ.*

**ҰШЫ-ҚИЫРСЫЗ** сын. **1.** *Шетсіз-шексіз, ұшы-қиыры жоқ.* **2.** ауыс. *Көп, мол.*

**ҰШЫҚТА=** ет. **1.** *Ауруды аластап емдеу.* **2.** ауыс. *Сабақтап жалғастыру, дамыту.*

**ҰШЫҚТАЛ[1]=** ет. *Аластатылу, ем-дом жасалу.*

**ҰШЫҚТАЛ[2]=** ет. *Аяқталу, тәмамдалу.*

**ҰШЫҚТАЛУ** *Ұшықтал етістігінің қимыл атауы; аяқтау, тәмамдау.*

**ҰШЫҚТАТ=** ет. *Аластату, ем-дом жасату.*

**ҰШЫҚТАТУ** *Ұшықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫҚТАУ** *Ұшықта етістігінің қимыл атауы; ауруды аластап емдеу.*

**ҰШЫҚТЫР=** ет. сөйл. ***Ұшықтыр.***

**ҰШЫҚТЫРУ** *Ұшықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫҚШЫ** зат. *Ауруды ұшықтайтын адам.*

**ҰШЫН=** ет. *Бір нәрседен жеркеніп, тітіркеніп ауыру.*

**ҰШЫНДЫР=** ет. *Бір нәрсені әдейі ушықтыру, өршіту.*

**ҰШЫНДЫРУ** *Ұшындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫНУ** *Ұшын етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫП-ҚОН=** ет. **1.** *Құстың ұшып-қонып жүруі.* **2.** *Жеңілтектену, шошаңдау.* **3.** ауыс. *Бәйек боп, зыр қағу, құрдай жорғалау.*

**ҰШЫП-ҚОНБА** сын. *Жеңілтек, шошақай.*

**ҰШЫП-ҚОНУ** *Ұшып-қон етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫР** зат. көне. *Диқандардың астық өнімінен беретін діни салығы.*

**ҰШЫР=** ет. **1.** *Құсты аспанға әуелету, қалықтату, жіберу.* **2.** *Жел қағу, жел соғу.* **3.** *Әуеге ұшақ шығару.* **4.** *Қырмандағы астықты қауызын желдетіп тазарту.* **5.** ауыс. *Лақтыру, екпіндете соғу, құлату, мерт қылу.* **6.** ауыс. *Жарыққа шығару.* **7.** ауыс. *Баптау, өсіріп-өндіру.*

**Ұшырып жіберді.** а) *Қамаудағы құсты тұғырынан босатып, көкке бағыттап еркіне жіберді.* ә) ауыс. *Адамды немесе затты қатты соғу, итеріп қалу арқылы, оқыс құлатты.*

**ҰШЫРА=** ет. **1.** *Жүздесу, жолығу.* **2.** *Кездесу, ұшырасу.* **3.** *Бір қырсыққа тап болу, сәтсіздікке ұрыну, шатылу.*

**ҰШЫРАС=** ет. **1.** *Кездесу, кез болу.* **2.** *Жолығу, жүздесу.*

**ҰШЫРАСТЫР=** ет. *Кездестіру, жолықтыру.*

**ҰШЫРАСТЫРУ** *Ұшырастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫРАСУ** *Ұшырас етістігінің қимыл атауы; кездесу, жолығу, жүздесу.*

**ҰШЫРАТ=** ет. **1.** *Кездестіру, жолықтыру.* **2.** *Ұрындыру, қырсыққа тап қылу.*

**ҰШЫРАТУ** *Ұшырат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫРАУ** *Ұшыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүздесу, жолығу, кездесу.* **2.** *Қырсыққа тап болу, сәтсіздікке ұрыну.*

**ҰШЫРҒЫШ** зат. тех. *Астық дәндерін қауыз-мекенінен айналып тұратын желдеткішпен тазалауға арналған мәшине.*

**ҰШЫРМА[1]** зат. *Желге ұшырып ойнайтын зат.*

**ҰШЫРМА[2]** зат. жерг. *Үйдің төбесіне салынған жеңіл жаздық шатыр.*

**ҰШЫРТ=** ет. **1.** *Астықты қауызынан аршып тазарту.* **2.** *Күйгізу, зырлату, жүйткіту.*

**ҰШЫРТУ** *Ұшырт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫРУ** *Ұшыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құсты аспанға әуелетіп жіберу, самғату, қалықтату.* **2.** *Әуеге ұшақ, зымыран т.б. шығару.* **3.** егін шар. *Қырмандағы астықтың қауызын желдетіп тазарту.*

**ҰШЫРЫЛ=** ет. **1.** *Әуеге шығарылу.* **2.** *Астықтың қауызынан артылып тазартылуы.*

**ҰШЫРЫЛУ** *Ұшырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫРЫНДЫ** зат. *Астық ұшырудан шыққан ұшық, қауыз сияқты жеңіл-желпі заттар.*

**ҰШЫРЫС=** ет. *Астықты аршысып тазарту.*

**ҰШЫРЫСУ** *Ұшырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ҰШЫС** зат. *Ұшып жүру қимылы.*

**ҰЙЫ=** ет. **1.** *Аяқ-қолдың қан жүрмей қалудан жаны кетіп, қозғалтпай қалуы.* **2.** *Жылы сүтке қатық салып, орап қойғаннан біраз уақыт өткеннен кейінгі айран болуы.* **3.** *Қан айналымының бұзылуынан қанның қойылып кетуі.* **4.** ауыс. *Ден қою, илану.*

**ҰЮ** *Ұйы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аяқ-қолдың жаны кетіп, қозғалтпай қалуы.* **2.** *Сүттің ұюы.* **3.** *Қанның қоймалжыңдануы.*

**ҰЯ** зат. **1.** *Құс пен араның балапан басатын, бал жинап, ұрық салатын орны.* **2.** *Белгілі бір заттарды шоғырландырып орнататын шұңқыр, тесік.* **3.** *Күннің батар жері.* **4.** совет. *Партия, комсомол комитеттерінің бастауыш ұйымы.* **5.** ауыс. *Орын тепкен, қоныстанған жер (туған жер, мектеп, үй, отбасы).* **6.** ауыс. *Бір нәрсеге ұйытқы болған негіз, шоғырланған жері.*

**Ұя басты.** *Ұя салып, балапан басты.* **Ұя бұзбас.** бейн. *Тірі жанға қиянаты жоқ, жуас.* **Ұя бұзды [бұзылды, бұзар].** а) *Отбасының шырқын бұзды, ынтымағын кетірді.* ә) *Бір нәрсенің ордасын, негізін жойды.* б) *Берекені алды, ынтымақты кетірді.* **Ұядан үш түлеген.** бейн. *Ақиық, қыран құс.* **Ұя салды.** а) *Құс ағаш басына немесе үй қабырғасына ұя жасады.* ә) *Қоныс тепті.* **Ұя салу.** *Құстардың жұмыртқа салып, балапан басып шығаруы үшін орын дайындап, ұя жасауы (көктемнің аяғы мен жаздың басы).*

**ҰЯ[1]** зат. физ. *Электрлік және механикалық қосылысы бар кабельдік жүйені қосатын әдмент.*

**ҰЯБАСАР** зат. саят. *Қыранның ұрғашысы.*

**ҰЯБӨРІК** сын. *Тартыншақтау, именшектеу, орташа ғана деген мағынада.*

**ҰЯДАЙ** сын. *Жып-жинақы, шағын, жып-жылы.*

**ҰЯ-ЖАЙ** зат. *Мекен ететін орын.*

**ҰЯЛ=** ет. **1.** *Бетінен оты шығып қызару.* **2.** *Қысылу, қымтырылу.* **3.** *Жүрексіну, батылы бармау.* **4.** *Қорқу, тайсалу.* **5.** *Арлану, намыстану.* **6.** *Әдеп сақтау.*

**ҰЯЛА=** ет. **1.** *Ұя салу, ұя жасау.* **2.** ауыс. *Жиналу, іркілу, толу.* **3.** *Шұңқыр жасау, шұқырлап қазу.* **4.** ауыс. *Пайда болу, шырмалып шықпау.*

**Ұялап себу.** егіншар. *Тұқымды топтап орналастырып себу.*

**ҰЯЛАН=** ет. *Ұя пайда болу, жиналу.*

**ҰЯЛАНУ** *Ұялан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛАС** сын. *Бір ұяда жатқан, бірге туған (құс, жан-жануар т.б.).*

**Ұялас [ұялы] бөрідей.** *Күш біріктірген, тобын жазбайтын.* **Ұялас ит.** *Бірге туған, ағайын, туысқан, жастайынан бірге өскен адамдар бірбірін жақын тартады, көп қылықтары ұқсайды деген мағынада.* **Ұялас өсімдіктер.** бот. *Аталық гүлі, аналық гүлі немесе аталық жыныс мүшесі мен аналық жыныс мүшесі бірдей өсіп-жетілген өсімдік тобы.*

**ҰЯЛАТ=** ет. **1.** *Шұқыр қазып егу, дән егетін ұя жасату.* **2.** ауыс. *Жиналту, іркілту, толтыру.* // *Пайда болғызу.*

**ҰЯЛАТУ** *Ұялат етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛАУ** *Ұяла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шұқырлап егу.* **2.** *Ұя салу.*

**ҰЯЛҒАНСУ** *Ұялғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛҒАНСЫ=** ет. *Ұялғандай болу.*

**ҰЯЛМАЙ-ҚЫЗАРМАЙ** үст. *Ешбір шімірікпестен, ұялмастан.*

**ҰЯЛТ=** ет. *Біреуді ұялуға мәжбүр ету, айыбын бетіне басып қаймықтыру, қызарту.*

**ҰЯЛТУ** *Ұялт етістігінің қимыл атауы; біреуді ұялуға мәжбүр ету, қысылту.*

**ҰЯЛУ** *Ұял етістігінің қимыл атауы. Бетінен оты шығып, қызару, қысылу, қымтырылу.* // псих. *Адамның өз қылықтарының немесе қайсыбір даралық көріністерінің сол қоғамда қабылданған және оның өзі де қостайтын нормаларға, мораль талаптарына іс жүзінде сәйкеспеуін ұғынуы не сәйкеспеді деп білуі нәтижесінде пайда болатын эмоция.*

**ҰЯЛШАҚ** сын. **1.** *Ұялғыш, ұяң.* **2.** ауыс. *Меңіреу, құлазыған.*

**ҰЯЛШАҚТА=** ет. *Именіп қысылу, біреуге батып, ойындағысын айта алмау.*

**ҰЯЛШАҚТАН=** ет. *Ұялу, ұяңдық көрсету, жасқану, имену.*

**ҰЯЛШАҚТАНУ** *Ұялшақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛШАҚТАНДЫР=** ет. *Ұялшақ ету, ұяңдандыру.*

**ҰЯЛШАҚТАНДЫРУ** *Ұялшақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛШАҚТАУ**[1] сын. *Ұяң, ұяңдау.*

**ҰЯЛШАҚТАУ**[2] *Ұялшақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛШАҚТЫҚ** зат. *Ұялғыштық, ұяңдық, именшектік, жасықтық.*

**ҰЯЛЫ** сын. **1.** *Ұясы бар, ұя салынған.***2.** *Ұядан тұратын.* **3**. *Ұялау арқылы жасалған, іске асырылатын.* **4.** *Бір енеден туған, бір ұяда өсіп-өнген.* **5.** ауыс. *Қалың, қаулаған.*

**Ұялы байланыс**. тех. *Телефон байланысының жетілдірілген кабельсіз жүзеге асатын түрі.* **Ұялы бөрідей [қасқырдай].** *Бірге тобымен жүрген, тізе қосқан, алыпсоғар, дырдай деген мағынада айтылады.* **Ұялы көз.** *Әдемі үлкен көз.* **Ұялы телефон**. *Белгілі бір ортадан байланысатын телефон жүйесі.*

**ҰЯЛЫҢҚЫРА=** ет. *Ұялған қалыпта болу, қысылу, қызарақтау.*

**ҰЯЛЫҢҚЫРАУ** *Ұялыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯЛЫС** зат. *Ұялуға тән қылық.*

**Ұялыс тапты.** *Ұялды, қысылып-қымтырылды, қызарақтады.*

**ҰЯЛЫС=** ет. *Қызарып-қымтырылысу, ұялуға мәжбүр болысу.*

**ҰЯҢ** сын. **1.** *Биязы, жұмсақ (жүн).* **2.** ауыс. *Ұялшақ, бұйығы.* **3.** *Жасық, төменшік, именшек.* **4.** ауыс. *Нәзік (сезім).*

**Ұяң дыбыс.** лингв. *Салдырдың басымырақ қатысуымен жасалатын дауыс.сыз дыбыс.* **Ұяң жүзді.** *Ұялшақ, бұйығы.* **Ұяң жүн.** *Құрамында аралық және майда талшықтары бар жүн.* **Ұяң мінез.** *Мінезі ашық емес, бұйығы, именшек мінез.* Ұяң [түйық] жігіт. *Сыпайы, сөзге сараң, тәрбиелі жігіт.*

**ҰЯҢДА=** ет. *Жұмсару, майдалану, биязылану.*

**ҰЯҢДАН=** ет. *Ұяң болу, ұялу, бұйығылану, именшектену.*

**ҰЯҢДАНУ** *Ұяңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯҢДАС=** ет. *Ұяң дыбысқа айналу.*

**ҰЯҢДАУ**[1] сын. *Бұйығылау, ұялшақтау.*

**ҰЯҢДАУ**[2] *Ұяңда етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯҢДЫҚ** сын. *Бұйығылық, ұялшақтық, жасықтық, именшектік.*

**Ұяңдық істеді**. *Бұйығылық, именшектік танытты, жасықтық көрсетті.*

**ҰЯҢДЫЛЫҚ** зат. *Ұяңдық, ұялушылық.*

**ҰЯҢҚЫ** сын. *Ұяң, бұйығы.*

**ҰЯТ** зат. **1.** *Адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс, адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсіну және ажырата білуі.* **2.** псих. *Адамның ұждан мен қоғамдағы моральдық принциптерге үйлеспейтіні жағымсыз, теріс қылық жасаған кезде байқалатын сезімі.* **3.** ауыс. *Жарасымсыз, келіспейді деген мағынада.*

**Ұят болды**. *Бейбастақ іс істелді; ыңғайсыз болды.* **Ұятқа қалды**. *Өз атына кір келтірді; ұятты жиып қойды.* **Ұятқа қалдырды**. *Масқара етті, жер қылды, ұялтты.* **Ұят қой.** *Ұят болады.* **Ұят пердесін жыртты.** поэт. *Ұятты жинап қойды; ұятқа қалды, абыройы төгілді.* **Ұят сақтады**. *Ізет қылды, бой тартты.***Ұят сөз.** *Боқауыз, дөрекі сөз.* **Ұяттан айырылды.** *Ар-ұятты жиып қойды, ұяттан безді.* **Ұяттан аттады.** *Өз атына кір келтірді, ұяттан безді.* **Ұяттан аттап кете алмады**. *Ар-намысты сақтады.* **Ұяттан безген.** *Арсыз, ұятсыз.* **Ұяттан беті күйді.** *Ұятқа қалды, масқара болды.* **Ұяттан өлді.** *Қатты ұялғаннан жерге кіріп кете жаздады.* **Ұятты шүберекке түйді.** *Ар-намысқа келер істен шімірікпеді.* **Ұяты жоқ.** *Ұяттан безген, ұятсыз, арсыз.*

**ҰЯТ-АР** зат. ***Ар-ұят.***

**ҰЯТСЫЗ** сын. *Ардан безген, көргенсіз, әдепсіз. // Ұяты жоқ, ардан безген адам.*

**ҰЯТСЫЗДАУ** сын. *Арсыздау, ұяты жоқтау, әдепсіздеу.*

**ҰЯТСЫЗДЫҚ** зат. *Арсыздық, көргенсіздік, әдепсіздік.*

**ҰЯТСЫН=** ет. *Ұят деп білу, ұялу, арлану.*

**ҰЯТСЫНУ** *Ұятсын етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЯТТА=** ет. жерг. *Ұялту, ұятқа қалдыру.*

**ҰЯТТАУ** сын. *Сиықсыздау, қолайсыздау, ыңғайсыздау.*

**ҰЯТТЫ** сын. **1.** *Ұятқа қалған.* **2.** *Ұяты бар.*

**Ұятты болды**. *Ұялып қолайсыз жағдайда қалды.*

**ҰЯТТЫҚ: ұяттығы жоқ.** *Сөкет емес, ұят емес.*

**ҰЯТТЫЛАУ** сын. *Ұятты, ұяты бардай.*

**ҰЯТШЫЛ** сын. сөйл. *Намысқор, аршыл.*

**ҰЯТЫРАҚ** сын. *Сәл ұяттау. ыңғайсыздау.*

**ҰЯШЫҚ** зат. *Кішірек ұя.*

**ҰЯШЫЛ** сын. *Ұяқұмар.*

**Ұяшыл масылдық.** *Әдетте жұмыртқаларын басқа құстарға салып, ұрпағына қамқорлық жасауды басқа құстарға табыстау амалы.*

# Ү

**Ү** лингв. **1.** *Жіңішке, қысаң, еріндік дауысты дыбыс.* **2.** *Осы дыбысты белгілейтін әріп.*

**ҮББЕ** зат. миф. *Орманда, өзен-көлдерде жүретін әйел адамдарға әртүрлі қорқынышты бейнеде көрінетін зиянкес, қаскөй күш; мифологиялық персонаж [Байырғы түсінік бойынша күн батқан соң, әйелдерді үббі тиеді деп су алуға жібермейді; үббі шикі өкпе, мыстан кемпір бейнесінде бір түрден бір түрге ауысып көрініп отырады].*

**ҮБЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Өбекте.***

**ҮБРЕШІМ** зат. көне. *Шашқаптың бір түрі.*

**ҮБШІҢ** зат. ескікіт. *Үй-іші.*

**ҮБІ** зат. *Үй бұйымы, жиһаз, дүниеліктер.*

**ҮБІЖІК** зат. жерг. *Құбыжық.*

**ҮБІЛІ** сын. *Жиһазды, дүниеге толы.*

**ҮБІР-ДҮБІР** зат. *Дабырлап, дүбірлеп шыққан әртүрлі дыбыс.*

**ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ** сын. *Балалы-шағалы, ұрім-бұтақты.*

**Үбірлі-шүбірлі бол!** тілек. *Бастарың өсіп көбейсін деген мағынадағы сөз.* **Үбірлі-шүбірлі болды**. *Балалы-шағалы болды.*

**ҮБІРІНДІ-ШҰБЫРЫНДЫ** сын. *Балалы-шағалы.*

**ҮБІСТІР=** ет. жерг. *Жалғастыру, байланыстыру, жабыстыру.*

**ҮБІСТІРУ** *Үбістір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮГУ** *Үк етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Үнтақтап, майдалап ұсақ бөлшектерге бөлу, түйіршіктерге айналдыру.* **2**. *Диірменде астықтан ұн тарту, ұнтақ жасау.*

**ҮГУШІ** зат. *Бір нәрсені үгетін адам.*

**ҮГІЛ=** ет. **1**. *Үгітілу, майдалану, ұнтақталу.* **2.** *Желіну, жемірілу.* **3**. ауыс. *Таусылу, тауы шағылу, күйреу.*

**Үгіліп мүжілу.** геол. *Табиғи факторлардың әсерінен тау жыныстарының мүжілуі, химиялық өзгеріске ұшырауы.*

**ҮГІЛГІШ** сын. *Тез үгіліп кететін, үгілмелі.*

**ҮГІЛМЕЛІ** сын. *Мұжілгіш, үгілгіш.*

**Үгілмелі шіріңді.** биол. *Борпылдақ қара шірік.*

**ҮГІЛТ=** ет. *Үгітілту, майдалау, ұнтақтау.*

**ҮГІЛТУ** *Үгілт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮГІЛУ** *Үгіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үгітілу, майдалану, ұнтақталу.* **2.** геол. *Жер бетінде немесе оған жақын маңдағы температура ауытқуларынан, атмосфераның судың және организмдердің химиялық және механикалық әсерінен таужыныстардың бұзылуы мен химиялық өзгеріске ұшырау процесі.*

**Үгілу қыртысы.** *Көптеген факторлардың әсер етуі нәтижесінде магмалық, метаморфоздық және шөгінді жыныстардың бұзылып, өзгеруінен пайда болатын борпылдақ жыныстар қабаты.*

**ҮГІЛІҢКІРЕ=** ет. *Аздап үгілу, мүжіліңкіреу.*

**ҮГІЛІҢКІРЕУ** *Үгіліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҮГІМ: бір үгім**. *Түйіршік заттарды уатып майдалауға, ұсақтауға керекті мөлшері.*

**ҮГІН** зат. сөйл. ***Үгінді.***

**ҮГІНДІ** зат. *Үгітілген, ұнтақталған зат.*

**ҮГІНДІРІК** зат. *Көмірді жинақтап көсеуге арналған құрал.*

**ҮГІНТІК** зат. *Жанатын заттардың қалдығы.*

**ҮГІРШІК** зат. *Ағашты сүйреу үшін қолданылатын құрал.*

**ҮГІС=** ет. *Үгітісу, майдаласу, ұнтақтасу.*

**ҮГІСУ** *Үгіс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮГІТ** зат. **1.** *Әңгіме, баяндама өткізу арқылы бұқараға саяси әсер етудің құралы.* **2.** *Ақыл-кеңес.*

**Үгіт айтты**. *Үгіттеді, үгіт-насихат жасады, ақыл-кеңес берді.* **Үгіт жүргізді.** *Насихаттады, үгіттеді.* **Үгіт өлең.** әдеб. *Ықпал ету мақсатында жазылған өлең.*

**ҮГІТ=** ет. **1.** *Бүтін нәрсені майдалау, ұсақтау, уақтау.* **2.** *Сындыру, езу, жаныштау.*

**ҮГІТ-НАСИХАТ** [лат. agitatio] зат. *Белгілі идеяларды, ілімді, саяси теорияларды ұғындыру, тарату арқылы көпшілікке ықпал жасау, әсер ету ісі.*

**Үгіт-насихат технологиялары**. *Жалпы адамдардың сана-сезімін бақылап, арбауға бағытталған технологиялар.*

**ҮГІТТЕ=** ет. *Ақыл-кеңес айтып көндіру, жөнге келтіру.*

**ҮГІТТЕС=** ет. *Үгіт жасасу.*

**ҮГІТТЕУ** *Үгітте етістігінің қимыл атауы; үгіт жасау, үгіт-насихат жүргізу, көндіру.*

**ҮГІТТЕУШІ** зат. *Үгіт жүргізуші, үгіт айтушы.*

**ҮГІТТІК** сын. *Үгітке тән, соған қатысты.*

**ҮГІТУ** *Үгіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бүтін нәрсені майдалау, ұсақтау.* **2**. *Денедегі қабыршақ, түзды заттарды тырналап түсіру.*

**ҮГІТУШІ** зат. *Бір нәрсені уатушы, ұсақтаушы адам.*

**ҮГІТШІ** зат. *Көпшілік арасында үгіт жүргізуші, үгіт жасаушы адам.*

**ҮГІТШІЛІК** зат. *Үгітші болушылық.*

**ҮГІТІЛ=** ет. **1.** *Майдалану, ұсақталу, уақталу.* **2.** *Мүжілу, желіну, ыдырау.*

**ҮГІТІЛГІШ** сын. *Тез үгітілетін, үгітіле беретін.*

**ҮГІТІЛУ** *Үгітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮГІТІНДІ** зат. *Үгілген, ұсақталған, майдаланған зат. // Үгілген, ұсақ, майда.*

**ҮДЕ** зат. *Мақсат-мұрат, талап-тілек деген мағынада.*

**ҮДЕ=** ет. *Бір нәрсе қарқынының қалыпты шамадан артуы; үлғаю, күшею.*

**ҮДЕ: үдесінен [үдеден] шықты.** *Ойындағысын орындады, мұратына жетті.*

**ҮДЕЛІ** сын. *Мүдделі, мақсатты.*

**ҮДЕМ** зат. *Үдемелі қозғалыс, қарқын, екпін.*

**ҮДЕМЕ** сын. *Үдей түсетін, дамымалы.*

**ҮДЕМЕЛЕ=** ет. *Үдей түсу, үсті-үстіне даму.*

**ҮДЕМЕЛЕТ=** ет. *Үсті-үстіне үдете, дамыта түсу, күшейту.*

**ҮДЕМЕЛЕТУ** *Үдемелет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕМЕЛЕУ** *Үдемеле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕМЕЛІ** сын. *Еселеніп арта беретін, үстемеленіп молая түсетін.*

**Үдемелі дауыс. толқыны.** лингв. *Дауыс. толқыны үздіксіз артып отыратын қозғалыс.* **Үдемелі қозғалыс**. физ. *Жылдамдығы үздіксіз артып отыратын қозғалыс.* **Үдемелі салық** экон. *Салық салынатын табыс мөлшерінің өсуіне қарай пайыздық түрғыда өсіп отыратын салық.*

**ҮДЕМЕЛІК** зат. *Үдей түсушілік, дамығыштық.*

**ҮДЕМПАЗ** сын. *Жүйрік.*

**ҮДЕҢКІРЕ=** ет. *Үдей түсу, дамыңқырау, өсіңкіреу.*

**ҮДЕР=** ет. **1.** *Босу, асып-сасып жедел көшу.* **2.** ауыс. *Бұлттың түйіліп, жөңки көшуі.* **3.** ауыс. *Қорқу, шошу.*

**ҮДЕРЕ** үст. *Жедел, тоқтаусыз, жаппай.*

**Үдере көшті.** а) *Түйенің теңін шешпей, қомын шешіп, бір қоныста ұзақ аялдамай жедел көшті.* ә) *Дамылсыз, суыт көшті, жаппай көшті.*

**ҮДЕРЛІ** сын. *Сергек, серпімді.*

**ҮДЕРМЕ** сын. *Тоқтаусыз, жылжымалы, қозғалмалы.*

**ҮДЕРМЕЛІ** сын. *Тоқтаусыз, үздіксіз, ұзақ.*

**ҮДЕРТ=** ет. *Үдету, қарқындату, күшейту.*

**Үдерте көшірді.** *Асығыс көшірді.*

**ҮДЕРТУ** *Үдерт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕРТІС=** ет. *Қорқыту, шошыту, үркіту.*

**ҮДЕРУ** *Үдер етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕРІЛ=** ет. *Қарбаласу, қауырт қозғалу.*

**ҮДЕРІЛУ** *Үдеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕРІМ** зат. *Қозғалыс, бас көтеру, көтеріліс.*

**ҮДЕРІС** зат. **1.** *Қауырт қозғалыс, қарбалас.* **2.** кіт. жаңа. <лат. processus> *Белгілі бір құбылыстың, күйдің өту, ауысу барысы.*

**ҮДЕРІС=** ет. *Шошу, қорқу.*

**ҮДЕТ=** ет. *Күшейту, қарқындату.*

**Үдете желдету.** *Өнімді жақсы сақтау үшін құрамы, ылғалдылығы және температурасы белгілі ауа мөлшерін айдап өткізіп отыру.*

**ҮДЕТКІШ** зат. тех. *Істің, қимылдың қарқынын күшейте, үдете түскіш, өсіргіш тетік, құрылғы.*

**ҮДЕТПЕЛІ** сын. *Үдей түскен, дамытпалы.*

**ҮДЕТУ** *Үдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күшейту, өсіру, қарқындату.* **2.** әдеб. *Шешендік сөз қолдану тәсілі, бейнелі сөздерді, бірыңғай эпитеттерді, ұқсас теңеулерді, мәндес сөздерді (синоним) тізбектеп келтіріп, ойды өзгеше әсерлі еткізіп жеткізу.*

**ҮДЕТІЛ=** ет. *Күшейтілу, қарқындатылу.*

**ҮДЕТІЛУ** *Үдетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕТІҢКІРЕ=** ет. *Дамытыңқырау, өсіріңкіреу, күшейтіңкіреу.*

**ҮДЕТІҢКІРЕУ** *Үдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДЕУ[1]** зат. физ. *Жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама.*

**ҮДЕУ[2]** *Үде етістігінің қимыл атауы; күшею, өсу, қарқындау.*

**ҮДІР[1] =** ет. *Жанталасу, қарбаласу.*

**ҮДІР[2]** сын. жерг. *Қыңыр.*

**ҮДІРЕ=** ет. жерг. *Өсіп-өну, көбею, тарау.*

**ҮДІРЕЙ=** ет. **1.** *Тікірею, үрпию, күжірею.* **2.** ауыс. *Қорқу, зәресі ұшу.*

**ҮДІРЕЙТ=** ет. *Үрпиту, күжірейту, тікірейту.*

**ҮДІРЕЙТУ** *Үдірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДІРЕЙІС=** ет. *Үрпису, қорқысу, үркісу.*

**ҮДІРЕЙІСУ** *Үдірейіс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДІРЕЮ** *Үдірей етістігінің қимыл атауы.*

**ҮДІРТ=** ет. сөйл. ***Үдерт.***

**ҮДІРІМ** зат. ***Үдеріс*** *(құбылыс, күйдің өтуі, ауысу барысы).*

**ҮЖІРЕ** зат. жерг. *Негізгі үйге жапсарластыра немесе тақау салынған үй-жайдың бір бөлігі; өтіре.*

**ҮЗ=** ет. **1.** *Бүтін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алу, бөлектеу.* **2.** *Байланған жіп, сым, арқан т.б. заттардың бөлініп қалуы.* **3.** ауыс. *Белгілі істі әрі қарай дамытпау, тоқтату.*

**Үзіп-жұлып бара жатқан еш нәрсе жоқ.** *Бүлініп, бұзылып, қираған түгі жоқ (жұбату мәнінде айтылады).*

**ҮЗБАРА** зат. зоол. <лат. cervus elaphus xanthepygus> *Жұптұяқтылар отрядының бұғылар тұқымдасына жататын сүтқоректі.*

**ҮЗБЕ[1]** зат. *Шынжыр және т.б. заттардың әрбір жеке түйіні, өзара тізбектеле байланысатын жеке-жеке бөлегі.*

**ҮЗБЕ[2]** зат. қолөнер. *Күміс, алтын белбеудің ұшына бастырған темір бастырғы.*

**ҮЗБЕ[3]** зат. тамақ. *Сүтке, сорпаға пісірілетін қамыр кесектері.*

**ҮЗБЕЙ[1]** үст. *Күнделікті, дағдылы.*

**ҮЗБЕЙ[2]** зат. жерг. *Қармаға қосылатын нан.*

**ҮЗБЕКТЕ=** ет. *Бөлшектеу, бөлек-бөлек ету.*

**ҮЗБЕКТЕЛ=** ет. *Үзілу, үзбек-үзбек болу, бөлшектелу.*

**ҮЗБЕКТЕЛУ** *Үзбектел етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗБЕКТЕП-СОЗБАҚТА=** ет. *Әне-міне деп сөзбұйдаға салу, созу.*

**ҮЗБЕКТЕП-СОЗБАҚТАУ** *Үзбектеп-созбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗБЕКТЕУ** *Үзбекте етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗБЕЛЕ=** ет. *Қайта-қайта үзу, бөлу; буынтық-буынтық етіп құрау, тізу.*

**ҮЗБЕЛЕУ** *Үзбеле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗБЕЛІ** сын. *Үзілмелі, бүктемелі, құрамалы.*

**Үзбелі білезік.** қолөнер. *Шығыр, доғабас, ілмек тәрізді етіп соғып, бөлек-бөлек күмістерден жасалған білезік.* **Үзбелі домбыра.** *Құлағы мен басы сағағынан бүктетілетін, жол жүруге ыңғайлы, құрастырмалы домбыра.* **Үзбелі сырға.** *Бірнеше буынтықты сырға.* **Үзбелі түйме.** *Алтыннан не күмістен үзбелеп жасалған түйме, әшекей.*

**ҮЗБЕН** зат. жерг. *Кеспе көже.*

**ҮЗБЕНТАЙ** зат. жерг. *Нанын үзіп-үзіп салған көженің түрі; үзбен.*

**ҮЗБЕСТЕН** үст. *Үнемі, ұдайы, ылғи.*

**ҮЗГІЗ=** ет. *Буынның қатайып кеткен жерлерін босату.*

**ҮЗГІЗУ** *Үзгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗГІЛЕ=** ет. *Бір нәрсені, затты бөлектеу, үзіп-үзіп тастау.*

**ҮЗГІЛЕУ** *Үзгіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗГІШ** сын. *Үзімпаз, үзуге шебер.*

**ҮЗДІГУ** *Үздік етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗДІК[1]=** ет. **1.** *Үзік-үзік болу; әлсіреу, нашарлау.* **2.** ауыс. *Қарны ашу.* **3.** ауыс. *Ықыласы түсіп берілу, елжіреу, мейірлену.* **4.** *Қатты құмарту.*

**ҮЗДІК[2]** сын. *Елден асқан озат, озық, алдыңғы қатарлы; ерекше, айрықша, артық.*

**Үздік баға.** пед. *Оқушының біліміне қойылатын жоғарғы баға.* **Үздік оқушы.** пед. *Мектепте сабақты тек 5-тік бағаға оқитын озат оқушы.* **Үздік шықты.** *Озды, алды болды.*

**ҮЗДІК-СОЗДЫҚ** сын. **1.** *Аралары алшақ-алшақ созылған, ілгері-кейінді шұбатылған.* **2.** *Өз уақытында емес, ырғалып-жырғалып.* **3.** *Қысқа қайырылған немесе созылып айтылатын (әуен, ән).* **4.** *Үзіліссіз, тоқтаусыз.*

**ҮЗДІКСІЗ** сын. *Тынымсыз, үнемі, ылғи, толассыз.*

**Үздіксіз білім беру.** *Білімнің бір сатысы мен екінші сатысының жалғасып келуі, үздіксіз білім беру ісі.*

**ҮЗДІКСІЗДІК** зат. *Толассыздық, тынымсыздық.*

**ҮЗДІКТЕН=** ет. *Үзік-үзік болу, шашырау, бөліну.*

**ҮЗДІКТІ: үздікті сигнал.** инф. *Уақыт кезеңіне және өз деңгейіне қарай бөліп қамдастыру арқылы немесе уақытқа да, деңгейге де қарай үздіксіз белгілеп бөлу арқылы жасалған үздік-үздік элементтерден тұратын сигнал; дискретті сигнал.*

**ҮЗДІКТІК** зат. *Озаттық, озықтық, алда болушылық.*

**ҮЗДІКТІР=** ет. **1.** *Үзік-үзік ету, созу.* **2.** *Әлсірету, нашарлату.* **3.** *Қарнын аштыру, өзегін талдыру.* **4.** ауыс. *Құмарттыру.*

**ҮЗДІКТІРУ** *Үздіктір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗДІКТІ-СОЗДЫҚТЫ** сын. *Ілгері-кейінді шұбатылып созылған.*

**ҮЗДІК-ҮЗДІК** сын. *Ауық-ауық, анда-санда бір, бөлек-бөлек.*

**ҮЗДІР=** ет. **1.** *Бүтін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алғызу.* **2.** *Жібін шешу, босату.*

**ҮЗДІРТ=** ет. *Бүтін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алғыздыру.*

**ҮЗДІРТУ** *Үздірт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗДІРУ** *Үздір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗЕҢГІ[1]** зат. *Көлікке міну үшін жасалған, ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі.*

**Үзеңгі [үзеңгілес] жолдас [дос].** *Көп уақыт қызметтес болған, бірге жүрген қатарлас, замандас.* **Үзеңгі қағысты.** а) *Ат үстіндегі адамдар бір-бірінен қалыспай қатарласып жүрді.* ә) *Еңбек жарысына түсіп, таймаласты.* **Үзеңгісін тең басқан.** *Әділетті, әділ деген мағынада.*

**ҮЗЕҢГІ[2]** зат. вет. *Жылқының қан алатын тамыр түрі.*

**ҮЗЕҢГІ[3]** зат. жерг. *Баспалдақ.*

**ҮЗЕҢГІБАУ** зат. этн. *Үзеңгіні ерге тағу үшін қалың қайыстан не былғарыдан екі қабаттап жасайтын айылбасты бау.*

**Үзеңгібау қағысты.** *Ат үстіндегі адамдар бір-бірінен қалыспай қатарласып жүрді.* **Үзеңгібауы алты қабат екен.** *Тәкаппар, менменшіл, өр көкірек кісі туралы айтылады.*

**ҮЗЕҢГІЛЕС[1]** сын. **1.** *Бірге жүрген қатар-құрбы.* **2.** *Бірдей, тең.*

**ҮЗЕҢГІЛЕС[2]=** ет. *Қатарласу, тең түсу.*

**ҮЗЕҢГІЛЕСТІК** зат. *Қатар-құрбылық, жолдастық.*

**ҮЗЕҢГІЛЕСТІР=** ет. **1.** *Үзеңгі байластыру.* **2.** *Қатарластыру, жақындастыру.*

**ҮЗЕҢГІЛЕСТІРУ** *Үзеңгілестір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗЕҢГІЛЕСУ** *Үзеңгілес етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗЕҢГІЛІК** зат. **1.** *Малдың қолының, яки алдыңғы аяғының арты, қолтық тұсы, жүрек тұсы, жылқыда үзеңгімен тебінгенде тиетін тұсы.* **2.** ауыс. *Сатының табан тиетін жері, баспалдақ.* **3.** ауыс. *Адам табанындағы жалпақ сүйегі.* **4.** ауыс. *Аттың үзеңгі тұратын тұсына дейінгі, шамамен, жерден 1 метр шамасындағы биіктік.*

**ҮЗЕР: үзер болды.** *Құмар, ынтық болды.*

**ҮЗУ** *Үз етістігінің қимыл атауы; бүтін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алу, бөлу, бөлектеу.*

**ҮЗІК[1]** зат. этн. *Киіз үйдің жоғарғы жағына, уықтың үстіне, туырлықпен астастарыла жабылатын киіз.*

**ҮЗІК[2]** зат. **1.** *Жіп, арқан сияқты заттың үзілген бөлегі.* **2.** *Белгілі бір заттың, не құбылыстың бөлшегі.*

**ҮЗІК[3]** сын. *Үзілген, үзіліп, жұлынып қалған.*

**ҮЗІК-ЖҰЛЫҚ** сын. *Үзілген, жұлынған, бейберекет.*

**ҮЗІК-КЕСІК** сын. *Үзілген, кесілген.*

**ҮЗІК-СОЗЫҚ** үст. *Ілгері-кейінді, бірінен кейін бірі.*

**ҮЗІКСІЗ** сын. *Үзігі жоқ.*

**ҮЗІКТЕМЕ** зат. *Белгілі бір нәрсенің бір бөлігі, үзінді, фрагмент.*

**ҮЗІКТІ** сын. *Үзік жабылған, үзігі бар.*

**ҮЗІК-ҮЗІК** сын. *Үзілген, жұлынған, бөлек-бөлек.*

**ҮЗІЛ=** ет. **1.** *Жұлыну, түсіп қалу.* **2.** *Бөліну, кесілу.* **3.** ауыс. *Таусылу, біту, тоқтау.* **4.** ауыс. *Көз жұму, қайтыс болу.* **5.** ауыс. *Хабарсыз кету, қатыспай қалу.* **6.** ауыс. *Үздігу, ықыласы түсіп берілу, елжіреу.* **7.** ауыс. *Сөну, өшу.*

**Үзіліп кетті.** *Өлді, жан тәсілім қылды.*

**ҮЗІЛГІШ** сын. *Үзіле беретін, үзілімпаз.*

**ҮЗІЛГІШТІК** зат. *Үзілімпаздық, үзіле беретіндік.*

**ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ** үст. *Біржолата, ада-күде.*

**ҮЗІЛДІР=** ет. **1.** *Нақысына келтіріп ән шырқау.* **2.** ауыс. *Емірену, елжіреу.*

**ҮЗІЛДІРУ** *Үзілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІЛМЕЛІ** сын. *Үзілетін, үзілгіш.*

**ҮЗІЛТ=** е т. **1.** *Нақысына келтіріп, ән шырқау.* **2.** *Әлсірету, қуатынан айыру.* **3.** а у ы с. б е й н. *Әдемі көрінетіндей салбырату.*

**ҮЗІЛТУ** *Үзілт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІЛУ** *Үзіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұлыну, түсіп қалу.* **2.** *Бөліну, кесілу.* **3.** а у ы с. *Таусылу, тоқтау, біту.* **4.** а у ы с. *Қайтыс болу, көз жұму.*

**ҮЗІЛІН=** е т. с ө й л. *Үзілу.*

**ҮЗІЛІС** з а т. **1.** *Белгілі бір іс, жұмыстың тоқталатын аралық уақыты; кідіріс, тыныс, демалыс.* **2.** п е д. *Мектептегі әрбір сабақтың арасында берілетін 5–10 минуттық демалыс.*

**Үзіліс жариялады.** к і т. *Жиылыс, жиналыс, той-дүрмектің ресми өту барысы тамақтану т.б. үшін сәл уақытқа тоқтатылатыны туралы айтты.* **Үзіліс жарияланды.** к і т. *Жиналыс, той-дүрмектің ресми өту барысы сәл уақытқа тоқтатылатыны туралы хабарланды.*

**ҮЗІЛІССІЗ** ү с т. *Демалыссыз, кідіріссіз.*

**ҮЗІМ**[1] з а т. *Бір заттың, нәрсенің үзіп алынған кішкене бөлегі.*

**ҮЗІМ**[2] з а т. с ө й л. ***Жүзім.***

**Үзім суы.** с ө й л. *Жүзім суы, шарап.*

**ҮЗІМДЕ=** е т. *Үзіп-үзіп бөлу, аз-аздап бөлшектеу.*

**ҮЗІМДЕУ** *Үзімде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІМШІЛІК** з а т. ж е р г. *Жүзім өсірумен айналысушылық.*

**ҮЗІНДІ** з а т. *Сөйлеген сөзден, шығармадан бөлініп алынған бөлшек.*

**ҮЗІП-ЖАР=** е т. *Бөліп-жару, үзіп-жұлу.*

**ҮЗІП-ЖАРУ** *Үзіп-жар етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІП-ЖҰЛ=** е т. **1.** *Тиіп-қашу.* **2.** *Жырымшылау, там-тұмдап алу.*

**ҮЗІП-ЖҰЛУ** *Үзіп-жұл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІП-СОЗ=** е т. *Ұзаққа созу, созбұйдаға салу.*

**ҮЗІП-СОЗУ** *Үзіп-соз етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІП-ШАЛ=** е т. *Тиіп-қашу, жүре істеу.*

**ҮЗІП-ШАЛУ** *Үзіп-шал етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЗІР**[1] з а т. к ө н е. *Тілек, өтініш.*

**ҮЗІР**[2] з а т. ж е р г. *Ауру, науқас.*

**ҮЗІР**[3] з а т. к ө н е. *Дәлел, сылтау, себеп.*

**ҮЗІРЕ** з а т. е с к і к і т. *Жоғары, үсті.*

**ҮЗІР-МӘЗІР** з а т. *Қалаған нәрсе, қолқа, тілек.*

**ҮЗІРНИЯЗ** з а т. е с к і к і т. *Өтініш, тілек, қайыр сұрау.*

**ҮЗІРІ** з а т. е с к і к і т. *Құзыры, қарауы, қарамағы.*

**ҮЗІС=** е т. **1.** *Жеміс-жидек, қауын-қарбыз жинасу, үзуге көмектесу.* **2.** *Ұрып-жығу, алысу.*

**ҮЗІСУ** *Үзіс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙ**[1] з а т. **1.** *Адам тұратын, мекендейтін баспана.* **2.** а у ы с. *Бірге тұратын адамдар, үй іші.* **3.** а у ы с. *Отбасы, шаңырақ.* **4.** *Белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, ғимарат.* **5.** ж е р г. *Түрме.*

**Үй арқалау.** этн. *Жаман ырым; үйге арқасын беріп, сүйеніп тұру.* **Үй баласы.** *Үйдің ұсақ-түйек шаруасын атқаратын жеткіншек, жасөспірім бала.* **Үй басы.** *Әрбір үй.* **Үй бастырды.** *Дауыл, қатты жел тұрғанда киіз үйді аудармас үшін арқанмен бекітті.* **Үй болды.** а) *Өз алдына түтін түтетіп, бөлек үй болып шықты.* ә) *Отбасын құрды, үйленді.* **Үйге алып істейтін жұмыс.** *Фирма жұмыскерінің өндірістік ғимаратта емес, өзінің үйінде немесе шеберханасында орындайтын жұмыс.* **Үйге жеткізіп беру.** *Керекті затты, бұйымды тапсырыс бойынша үйге жеткізіп беру қызметі.* **Үйге кір!** этн. *Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі үйге келген, есік ашқан адамға қонақжайлық таныту, сый-құрмет көрсету нышанымен айтылатын сөз.* **Үйге кірді.** *Жаңа үй, баспана тұрғызды.* **Үйге сыймады.** *Бір нәрсені ойлап, уайымдап, тағат тауып отыра алмады, кіріп-шыға берді.* **Үйге түсті.** а) *Белгілі бір үйге қонақ боп келді, тоқтады.* ә) ж е р г. *Түрмеге түсті, абақтыға жабылып қалды.* **Үйде жатқызбады.** *Мазаны алды, тыныштық бермеді.* **Үйде жатты.** *Ешқайда бармады, үйде болды.* **Үйде жұмыс істейтін қызметкерлер.** *Жұмыс берушімен өзінің материалдарымен және өзіндегі немесе жұмыс беруші бөлетін не жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алатын жабдықтарды, құрал-саймандар мен тетіктерін пайдалана отырып, жұмысты өз еңбегімен орындау туралы жеке еңбек шартын жасасқан адамдар.* **Үйден адым [қарыс] аттатпады.** *Үйден шығармады, ешқайда жібермеді.* **Үйден аттап шықпайды.** *Ұзап ешқайда бармайды.* **Үйден кетті.** *Басқа жақта тұрды, бірге тұрмады.* **Үйден шықпады.** а) *Жиі келіп тұрды, араласты.* ә) *Бас көтермеді, тырп етпеді, қозғалмады.* **Үйде отыру.** *Жұмыс істемеу, бос болу.* **Үйде тұрмайды.** *Үйде жоқ, қыдырымпаз, жұмысбасты.* **Үйді басына көтерді.** *Даурығып қатты сөйледі, шулады.* **Үй жалдады.** *Уақытша тұру үшін біреудің үйіне ақы беріп, тұрақтады.* **Үй жануары.** *Қолға үйретілген, адамға үйренген хайуанат.* **Үй жапқандай қылды [жасады].** *Үйіп-төгіп тастады, қарық қылды.* **Үй жапты.** *Үйдің төбесіне ағаш т.б. салды, үстін бекітті.* **Үй жасауы.** *Үй мүлкі, жиһаз.* **Үй жоқ, күй жоқ.** *Үйсіз-күйсіз, баспанасыз.* **Үй жолдас.** а) *Жан серік, айырылмас дос.* ә) *Жұбай, зайып.* **Үй жығылды.** *Киіз үйдің киіздері алынып, уықтары суырылып, шаңырағы түсіріліп, көшуге т.б. дайындалды.* **Үй жықты.** *Киіз үйдің керегелерін жинап, шаңырағын, уықтарын буып-түю.* **Үй иесі.** *Үй қожасы, отағасы.* **Үй комитеті.** *Қоғамдық негізде жұмыс істейтін орган, мемлекеттік және қоғамдық тұрғынүй қорын және оның сақталуын қамтамасыз етуді басқаруға халықты қатыстырудың бір формасы.* **Үй көрмеді.** *Үнемі түзде болды.* **Үй қояны.** *Үй жағдайында өсірілетін қоян.* **Үй кісісі.** *Үй-жайға ие әйел туралы айтылады.* **Үй құстары.** *Тауық, күркетауық, үйрек пен қаз сияқты үй жағдайында үсталатын құстар.* **Үй қызметкерлері.** *Жұмыс беруші – жеке тұлғаларда үй шаруашылығында жұмыс істейтін (қызмет көрсететін) жеке еңбек шартын жасасқан қызметкерлер.* **Үйлердің қирау дәрежесі.** т е х. *Ғимараттың беріктігін, сыртқы әсерге қарсы тұру қасиетін анықтайтын шама.* **Үй мүлкі.** *Үй ішінің жиһазы, ұсақ-түйек дүниесі.* **Үй орнындай.** *Аумағы шағын, онша үлкен емес.* **Үй өсімдігі.** *Үй жағдайына бейімделген өсімдік.* **Үй салды.** *Баспана тұрғызды.* **Үй сәндеу.** ж а ң а. *Үйдің ішіндегі жиһазды, ішкі безендіруі мен жөндеуін үйлесімді етіп әртүрлі талғамға сәйкес әсемдеу өнері.* **Үй сыныгы.** э т н. *Қалыңмалдың үстінен қосылып берілетін кәде.* **Үй тапсырмасы.** п е д. *Шәкірттің, оқушының сыныптан тыс, үйде орындап келуі үшін берілетін тапсырма.* **Үй тұтқыны.** ***Үйқамақ.*** **Үй тышқаны.** *Үйде, ғимараттарда ін салатын ұсақ зиянкес кеміргіш аң.* **Үй тігу.** а) *Киіз үйді құру, қоныстану.* ә) э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы үлкен той жасап, ас беру салтанатында жасалатын рәсім.* **Үй тіршілігі.** *Үй шаруасының әрекет қамы.* **Үй шаруасы.** *Әрбір үйдегі күндегі атқарылатын іс.* **Үйінен кісі үзілмейтін.** *Келімді-кетімді қонағы көп, адамдар келіп-кетіп жататын.* **Үйін кеңейтті.** а) *Тұрып жатқан үйіне бөлме қосып салды, үлкейтті.* ә) *Пәтерін көп бөлмелі пәтерге ауыстырды.* **Үйінде шымылдығын желбіреп тұр ма?** э к с п р. *Үйіңде жас келіншегің күтіп отыр ма деген мағынада асығып-аптыққан кісіге айтылатын әзіл.* **Үйің күйгір!** қ а р ғ ы с. *Отаның бұзылғыр деген мағынада.* **Үйіңінен ит жаланып шықпайды.** *Үйіңде ит жейтін де ас жоқ деген мағынада.* **Үйіңінен ит жаланып шықпайтын.** *Барып тұрған сараң, ешкімге түк бермейтін (адам).* **Үйіңнен үркіп шыққыр!** қ а р ғ ы с. *Қуғын, түрткі-түртпек көргір.* **Үйіңнің төбесінен күйкентай ебелектегір!** қ а р ғ ы с. *Кім көрінген басынып, әркім мазақ еткір!* **Үйі сынық.** *Әйелі жоқ еркек туралы айтылады.* **Үйі түсу.** *Саулықтағы жатыр түсу кінәраты.* **Үй іші.** *Бір отбасындағы барлық жан, үй адамдары, отбасы мүшелері.* **Үй ішінен үй тіккен.** *Мекемеде, жұмыс орнында тікелей басшылыққа бағынбай, өз алдына әрекет жасаған адамдар, қызметкерлер туралы айтылады.* **Үй іші түгел, отбасы аман ба?** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы алыстан, көптен көрмеген таныс, жақын, жұрағаттарымен амандық-саулық сұрасу түрі.*

**ҮЙ**[2]: **үйіне жетті.** *Ит бір жасқа толды.*

**ҮЙ=** е т. **1.** *Затты, нәрсені бір жерге төбе қылып жинау, топтау.* **2.** а у ы с. *Көп, мол қылу, үйіп-төгу.*

**ҮЙБАЙ** о д. с ө й л. ***Ойбай.***

**ҮЙБИДАЙЫҚ** з а т. ө с. <лат. lolium> *Мал азығындық дақылға және арамшөпке жататын біржылдық, екіжылдық немесе көпжылдық өсімдік туысы.*

**ҮЙГІЗ=** е т. *Үйіп қойғызу.*

**ҮЙГІЗУ** *Үйгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙГІШТЕ=** е т. **1.** *Қайта-қайта үю, көп етіп үю.* **2.** а у ы с. *Үйіп-төгу, төпеу.*

**ҮЙГІШТЕУ** *Үйгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙДЕЙ** с ы н. **1.** *Үй сияқты.* **2.** а у ы с. *Көлемі үлкен, зор.*

**ҮЙДЕК-ТҮЙДЕК** ү с т. *Тобымен, топ-топ, түйдек-түйдек болып.*

**ҮЙДІР=** е т. *Біреуге үйгізу, төбе қылып жинату.*

**ҮЙДІРУ** *Үйдір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙДІ-ҮЙ** ү с т. *Үй сайын, үй басы.*

**ҮЙЕ** з а т. *Түйе малының тұрмай үйелеп жатып қалатын дерті.*

**ҮЙЕЗ**[1] з а т. с ө й л. **1.** ***Уезд.*** **2.** *Уезд бастығы, болыс.*

**ҮЙЕЗ**[2] з а т. ж е р г. *Сиыр иірілген жердің тезегі.*

**ҮЙЕЗДЕ=** е т. *Күннің ыстық кезінде жылқының, қойдың шыбыннан, бөгелектен қорғанып, тұмсығын бір-бірінің көлеңкесіне жасырып, топтанып тұрды.*

**ҮЙЕЗДЕС=** е т. *Сүйкеністіп, бастарын бір-бірінің бауырына тығысып топтанып тұру.*

**ҮЙЕЗДЕТ=** е т. **1.** *Үйіру, топтау.* **2.** а у ы с. *Үйіп-төгу.*

**ҮЙЕЗДЕТУ** *Үйездет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙЕЗДЕУ** *Үйезде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙЕЗНАЙ** [ор. уездной] з а т. к ө н е. с ө й л. *Уезд бастығы.*

**ҮЙЕК**[1] з а т. **1.** *Тіршілікке, тұрмысқа табиғаты қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер.* **2.** а у ы с. *Жаны жайсаң, жайдары.*

**ҮЙЕК**[2] з а т. *Малдың, аңның тамағынан бастап, көктей шапқа дейін созылатын, 5–6 елідей жалпақ тері; жануарлардың құрсақ бұлшық етінің бітісу шегі.*

**ҮЙЕК**[3] з а т. *Жердің ойша осьтері өтетін нүктелер; полюс.*

**ҮЙЕКСІЗДЕНУ** з а т. х и м. *Кристалхимиядағы катиондар мен аниондардың өзара әрекеттесуінің үйектену мен қарсы үйектену аралық типі.*

**ҮЙЕКТЕГІШ** з а т. *Петрографиялық микроскоптарда үйектелген жарық алу үшін қолданылатын құрал.*

**ҮЙЕКТЕЛГІШТІК** з а т. х и м. **1.** *Атомдардың, молекулалардың, иондардың сыртқы электр өрісінде диполь моментіне ие болу қабілеті.* **2.** *Диполь моментінің шамасы.*

**ҮЙЕЛЕ=** е т. *Ойыстау жерге, шұңқырға шалқасынан жатып қалған малдың өз бетімен тұра алмауы.*

**ҮЙЕЛЕҢ** с ы н. *Жұтаң, күйсіз.*

**ҮЙЕЛЕТ=** е т. **1.** *Шалқасынан түсіру, тұрғызбау.* **2.** с ө й л. *Үймелету.*

**ҮЙЕЛЕТУ** *Үйелет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙЕЛЕУ** *Үйеле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙЕЛМЕЛІ-СҮЙЕЛМЕЛІ** с ы н. *Бір отбасындағы бір-біріне жасы, бойы жағынан тетелес; туысқан, ағайын.*

**ҮЙЕЛМЕН** с ы н. *Үйелменді-сүйелменді жандар, отбасы.*

**ҮЙЕЛМЕНДЕЙ** с ы н. *Сомадай, дәу, үлкен.*

**ҮЙЕЛМЕНДІ** с ы н. *Бір-біріне туыс, жақын, ағайындас, бауырлас.*

**ҮЙЕЛМЕНІМЕН** үст. *Түп-түгелімен, тұяқ-тұқиянымен.*
**ҮЙЕМЕ** сын. *Бетімен-бет болып толған, үстіне мол етіп, қомақталып үйілген.*
**ҮЙЕМЕЛЕ=** ет. *Үйіп салу, тым көп салу.*
**ҮЙЕМЕЛЕТ=** ет. *Үйеме-үйеме ету.*
**ҮЙЕМЕЛЕТУ** *Үйемелет етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙЕМЕЛЕУ** *Үйемеле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙЕҢКІ** зат. өс. <лат. acer> *Жапырағы қалақша тәрізді, жалпақ болып келетін ағаш.*
**ҮЙ-ЖАЙ** зат. **1.** *Тұрмысқа қажетті шаруашылық, жағдай.* **2.** *Тұрғын үйдегі (тұрғын жайдағы) жеке ішкі кеңістік.*
**ҮЙКЕ=** ет. *Бір нәрсені екінші нәрсеге ысу, жану.*
**ҮЙКЕК** зат. жерг. *Ошақтан, оттан түсірілген қазанның орнықты тұруы үшін астына дөңгелентіп қою үшін жасалатын тұғыр.*
**ҮЙКЕКТЕ=** ет. *Қайта-қайта үйкелу, көп үйкеу.*
**ҮЙКЕКТЕУ** *Үйкекте етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙКЕЛ=** ет. *Бір заттың екінші бір затқа сүйкетіліп, ысылуы; жанасу, жанылу, түйісу.*
**ҮЙКЕЛДІ** зат. жерг. *Қарақұрт шаққан адамды, малды оқығанда салатын құмырсқа.*
**ҮЙКЕЛЕ=** ет. *Бір нәрсені екінші нәрсеге ыспалау, ысу.*
**ҮЙКЕЛЕТ=** ет. *Үйкеткізу, сүйкелету.*
**ҮЙКЕЛЕУ** *Үйкеле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙКЕЛУ** *Үйкел етістігінің қимыл атауы; ысылу, жанылу, сүйкелу, қажалу.*
**ҮЙКЕЛІС** зат. **1.** *Бір заттың басқа, екінші затқа үйкеліп, тиіп өтетін қозғалысы.* **2.** физ. *Қатты дене лер арасындағы олардың түйіскен жерлерінде пайда болатын және денелердің түйісу жазықтығындағы бағытта салыстырмалы жылжуына бөгет жасайтын механикалық өзара әрекеттестік.*
**Үйкеліс коэффициенті.** физ. *Түйісетін екі заттың беттері арасындағы физикалық әрекет күшін сипаттайтын көрсеткіш.*
**ҮЙКЕЛІСТІР=** ет. *Үйкеу, жану, ысу, үйкеліс жасату.*
**ҮЙКЕЛІСТІРУ** *Үйкелістір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙКЕН=** ет. сөйл. ***Сүйкен.***
**ҮЙКЕНУ** *Үйкен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙКЕУ** *Үйке етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙ-КҮЙ** зат. *Адам тіршілік жасайтын баспана, шаруашылық жағдай, үй іші тұрмысы.*
**Үй-күйі жоқ.** *Баспанасы, барар жер, басар тауы жоқ.*
**ҮЙ-КҮЙСІЗ** сын. *Күтім-күй жоқ, баспанасыз.*
**ҮЙКҮШІК** зат. *Үйден ұзап шықпайтын, үнемі үйде жүретін кісі.*
**ҮЙКҮШІКТЕН=** ет. *Үйден шықпау, ешкіммен араласпау.*
**ҮЙҚАМАҚ** зат. *Істі болған адамдарды өз үйінен, мекен-жайынан сыртқа шығармай тұтқында ұстаудың бір түрі.*
**ҮЙЛЕН=** ет. *Әр жынысты екі адамның қосылып тұрмыс құруы; әйел алу.*
**ҮЙЛЕНДІР=** ет. *Әйел мен еркекті қосу; әйел әперу, күйеуге беру.*
**ҮЙЛЕНДІРУ** *Үйлендір етістігінің қимыл атауы; әйел әперу.*
**ҮЙЛЕНУ** *Үйлен етістігінің қимыл атауы.*
**Үйлену тойы.** *Қыз бен жігіттің қосылу құрметіне жасалған ойын-сауықты салтанатты жиынтамаша.*
**ҮЙЛЕНУ-САЛТ: үйлену-салт өлеңдері.** әдеб. *Тойбастар, жар-жар, сыңсу, беташар секілді ғұрыптық өлең-жырлар.*
**ҮЙЛЕНУШІ** сын. *Әйел алушы, тұрмыс құрушы ер адам; тұрмысқа шығушы әйел, қыз.*
**ҮЙЛЕНІС=** ет. *Бір-біріне үйлену.*
**ҮЙЛЕНІСУ** *Үйленіс етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙЛЕС** сын. *Сәйкес, жарасымды, келісті.*
**Үйлес тапты.** *Үйлес келді, жарасты.*
**ҮЙЛЕС=** ет. **1.** *Сәйкес келу, жарасу, келісу, үйлесім табу.* **2.** *Өлең жолдарының ұйқасуы.*
**ҮЙЛЕСТІК** зат. **1.** *Сәйкестік, жарасымдық, үйлесімділік.* **2.** *Ұқсастық.*
**ҮЙЛЕСТІР=** ет. *Сәйкестендіру, ұйқастыру, жарастыру, келістіру.*
**ҮЙЛЕСТІРУ** *Үйлестір етістігінің қимыл атауы.*
**Үйлестіру әдісі.** бот. *Қашық туысты өсімдіктерді бір-бірімен тозаңдандыру тәсілі.* **Үйлестіру кеңесі [комиссиясы].** қоғ. *Белгілі бір мәселе жөніндегі жұмыстарды қадағалап тексеріп, бағыттап отыратын кеңес.*
**ҮЙЛЕСТІРУШІ** зат. *Үйлестіру жұмысын басқарушы.*
**ҮЙЛЕСТІРІЛ=** ет. *Сәйкестендірілу, ұйқастырылу.*
**ҮЙЛЕСТІРІЛУ** *Үйлестіріл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙЛЕСУ** *Үйлес етістігінің қимыл атауы; жарасу, сәйкестену, ұйқасу.*
**ҮЙЛЕСІМ** зат. *Жарасым, келісім; сәйкестік.*
**Үйлесім тапты.** *Сәйкесті, жарасты, үйлесті.*
**ҮЙЛЕСІМДІ** сын. *Жарасымды, ұнамды, қонымды.*
**Үйлесімді мінез.** *Сөзі мен ісі сәйкес, ұнамды, жағымды мінез.*
**ҮЙЛЕСІМДІК** зат. *Сәйкестік, жарасымдық.*
**ҮЙЛЕСІМДІЛІК** зат. *Жарастылық, сәйкестілік.*
**ҮЙЛЕСІМСІЗ** сын. *Үйлесімі жоқ.*
**ҮЙЛЕСІМСІЗДІК** зат. *Сәйкессіздік, жараспаушылық.*
**ҮЙЛЕСІҢКІРЕ=** ет. *Сәйкесіңкіреу, ұқсаңқырау.*
**ҮЙЛЕСІҢКІРЕУ** *Үйлесіңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙЛІ** сын. *Өз алдына үй болған, жеке үй болып тұратын, үйі бар.*
**ҮЙЛІ-БАРАН** зат. *Үй іші, бала-шаға.*
**ҮЙЛІ-БАРАНДЫ** сын. *Үйлі-жайлы, бала-шағалы.*
**Үйлі-баранды болды.** *Өз алдына үй болды.*
**ҮЙЛІ-ЖАЙЛЫ** сын. *Өз алдына бас құрап, үй болып, тұрмыс құрған.*
**ҮЙЛІК**[1] зат. *Үй қызметін атқарушылық.*
**ҮЙЛІК**[2] сын. *Үй болып отырған, үй болып тұрған.*
**ҮЙЛІ-КҮЙЛІ** сын. *Әйел алып, күйеуге шығып, балалы-шағалы болған.*
**ҮЙЛІЛІК** зат. *Үй болушылық, үй болып отырушылық.*
**ҮЙМЕ**[1] зат. *Үйілген зат, нәрсе, үйінді.*
**ҮЙМЕ**[2] сын. *Үйілген, толтыра салынған.*
**ҮЙМЕ-ЖҮЙМЕ** үст. *Бір жерге шоғырланып, топтанып; опыр-топыр.*
**Үйме-жүйме болды.** *Бір жерге опыр-топыр боп топталып жиналды.*
**ҮЙМЕК** зат. *Үйілген зат, нәрсе, үйінді.*
**ҮЙМЕКТЕ=** ет. *Жинау, үю, төбе қылу.*
**ҮЙМЕКТЕЛ=** ет. *Жиналу, шоғырлану, үйілу.*
**ҮЙМЕКТЕЛУ** *Үймектел етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙМЕКШІ** зат. *Үймек үюші.*
**ҮЙМЕЛЕ=** ет. *Бір жерге шоғырлану, топталу.*
**ҮЙМЕЛЕН=** ет. сөйл. ***Үймелеу*** *(Топталу, шоғырлану).*
**ҮЙМЕЛЕНУ** *Үймелен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙМЕЛЕС=** ет. *Үйілу, топтасу.*
**ҮЙМЕЛЕСУ** *Үймелес етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙМЕЛЕТ=** ет. *Көп етіп үйіп тастау, үйіптөгу.*
**ҮЙМЕЛЕТУ** *Үймелет етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙМЕЛЕУ** *Үймеле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙМЕ-ҮЙ** үст. *Үй сайын, үй басына.*
**ҮЙМЕРЕТ** зат. *Құрылыс, ғимарат.*
**ҮЙМЕШІК** зат. *Шағын үйме, өсімдік тамырын көму үшін жасалған үйінділер.*
**ҮЙРЕК** зат. зоол. <лат. anas platyrhynchos var. domestica> **1.** *Башпайларының арасы жұқа жарғақ терімен тұтасқан, тұмсығы жалпақ су құсы; құрғақта да, суда да тіршілік ететін құс.* **2.** бейн. *Ақын бұл жерде үйректей әдемі, сұлу қыздарды айтып отыр.*
**Үйрек бас ер.** қолөнер. *Ердің алдыңғы қасы үйректің басына ұқсатылып жасалған түрі.* **Үйрек ұшып, қаз қонды [қаңқылдады].** *Мол сулы жер туралы, еркін өмір туралы айтылады.* **Үй үйрегі.** *Үй жағдайына бейімделген үйрек.*
**ҮЙРЕКБАЛЫҚ** зат. зоол. *Балықтың бір түрі.*
**ҮЙРЕК-ҚАЗ** зат. *Үйрек, қаз сияқты үй құстарының жиынтық атауы.*
**ҮЙРЕКТЕЙ** сын. *Үйрек сияқты.*
**Үйректей жүзді, қаздай қалқыды.** *Өмірдің қызығын көрді, емін-еркін шаттықта өмір сүрді.*
**ҮЙРЕКТҰМСЫҚ** зат. зоол. <лат. ornithorhynchus anatinus> *Тұрқы кішілеу, ұзындығы 60 см шамасындай сүтқоректі жануар.*
**ҮЙРЕН=** ет. **1.** *Өзі білмеген нәрсені түсініп, көңілге тоқу, басқадан біліп алу; оқу.* **2.** *Біреудің ісіне еліктеу, бойына сіңіру, үлгі алу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсеге дағдылану, көзі үйрену, машықтану.* **4.** *Білу, жаттығу, игеру.* **5.** *Үлгі, өнеге ету, сабақ алу.* **6.** *Бойы үйрену, бауыр басу.*
**Үйреніп қалды.** *Бойы үйренді, дағдыланды.*
**ҮЙРЕНГІШ** сын. *Білмегенін үйреніп алғыш, тез жаттыққыш.*
**ҮЙРЕНДІР=** ет. *Үйрету, дағдыландыру.*
**ҮЙРЕНДІРУ** *Үйрендір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕНУ** *Үйрен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Білмегенді басқадан біліп алу, көңілге тоқу.* **2.** *Бой үйрету, дағдылану, көндігу.* **3.** пед. *Адамның белгілі бір білім жүйелерін, тиісті қимыл-қозғалыстар мен амалдарды меңгере алуы.*
**ҮЙРЕНУШІ** зат. *Басқадан білім алушы, үйренетін адам; тәлім, өнеге алушы.*
**ҮЙРЕНУШІЛІК** зат. *Оқып білушілік, жаттығушылық.*
**ҮЙРЕНШІК** сын. *Үйренген, дағдылы.*
**Үйреншік иттей жұмсады.** *Қолбала қылды, дамыл бермеді.* Үйреншік иттей жұмсады. *Қолбала қылды, дамыл бермеді.*
**ҮЙРЕНШІКТІ** сын. *Бұрыннан белгілі, ет үйренген, дағдылы.*
**Үйреншікті зейін.** псих. *Зейіннің ерекше түрі; қажетті әрі құнды болып саналатын объектіге адам санасының шоғырлануы.* Үйреншікті зейін. псих. *Адамның әдетіне айналып кеткен әрекет.*
**ҮЙРЕНІЛ=** ет. *Үйреніп алыну, көңілге тоқылу.*
**ҮЙРЕНІЛУ** *Үйреніл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕНІҢКІРЕ=** ет. *Үйрене түсу, үйрене беру.*
**ҮЙРЕНІҢКІРЕУ** *Үйреніңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕНІС=** ет. *Жағдайға, іске икемделіп, бейімделіп кету.*
**Үйреніскен жау.** *«Ет өлді» болған ежелгі дұшпан.* **Үйреніскен ит.** кекесін. *Ежелден бірінбірі білетін қатар адам деген мағынада.* **Үйреніскен ұя.** *Етене болған шаңырақ, өскен, туған үй.* **Үйреніс қылды.** *Бой үйретті, дағдыланды, машықтанды.*
**ҮЙРЕНІСУ** *Үйреніс етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕТ=** ет. **1.** *Білмегенді білдіру, оқыту.* **2.** *Жаттықтыру, машықтандыру.* **3.** *Тәлім-тәрбие беру.* **4.** ауыс. *Асау малға бас білдіру, ырыққа, жөнге көндіру.* **5.** *Сабақ болу.* **6.** *Әдеттендіру, дағдыландыру.* **7.** *Ақыл беру.* **8.** *Өнер сіңіру.* **9.** *Көндіктіру, мойынсұндыру.*
**ҮЙРЕТКЕНСУ** *Үйреткенсі етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕТКЕНСІ=** ет. *Үйреткен болу, дағдыландырғансу.*
**ҮЙРЕТКІЗ=** ет. **1.** *Білмегенді білгізу, оқытқызу.* **2.** *Асау малды ырыққа көнгізу.*
**ҮЙРЕТКІЗУ** *Үйреткізу етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙРЕТКІШ** сын. *Білмегенді түсіндіргіш, ұғындырғыш; үйретуге шебер.*
**ҮЙРЕТТІР=** ет. **1.** *Білмегенді білдіру, оқыттыру.* **2.** *Асау малды ырыққа көндіру.*
**ҮЙРЕТТІРУ** *Үйреттір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕТУ** *Үйрет етістігінің қимыл атауы. Білмегенді білдіру, оқыту.*
**ҮЙРЕТУШІ** зат. **1.** *Білмегенді білдіруші, оқытушы. // Оқушының (студенттің т.б.) белгілі бір пәннен немесе өнердің бір саласынан білімін толықтыра түсуге ақы алып жәрдемдесетін адам.* **2.** *Асау малды ырыққа көндіруші.* **3.** *Үгіттеуші, уағыздаушы.* **4.** *Жаттықтырушы, машықтандырушы.*
**ҮЙРЕТІЛ=** ет. **1.** *Оқытылу, дағдыландырылу, машықтандырылу.* **2.** *Асау малдың ырыққа көндірілуі, жаттықтырылуы.*
**ҮЙРЕТІЛУ** *Үйретіл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙРЕТІМ** зат. *Үйрету, оқыту үдерісі.*
**ҮЙРЕТІНДІ** сын. **1.** *Дағдыланған, төселген.* **2.** *Үйретілген, жаттықтырылған. // Үйретіп қойған, үйретілген амал-әрекет.*
**ҮЙРЕТІМПАЗ** сын. *Үйреткіш, үйрету қабілеті күшті адам.*
**ҮЙРЕТІС=** ет. *Бір-біріне бой үйрету.*
**ҮЙРЕТІСУ** *Үйретіс етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙСЫНЫҚ** зат. жерг. *Әйелі өлген кісі.*
**ҮЙСІЗ** сын. *Үйі, тұратын жері жоқ.*
**ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ** сын. *Тұрмыс жағдайы жоқ, үй-күйінен айырылған.*
**Үйсіз-күйсіз жүрді.** *Баспанасыз, күтім-күйсіз болды.*
**ҮЙТ[1]=** ет. *Олай ету, сөйту.*
**ҮЙТ[2]=** ет. *Малдың бас-сирағын, кейде денесін отқа ұстап қақтау.*
**Үйтіп жіберді [жеді].** *Талап, жеп қоя жаздады; жанын жаппарға таяды, әлек-шәлегін шығарды.*
**ҮЙТАС** зат. *Жорықта, қырғын соғыста т.б. ерекше жағдайда қаза болғандардың жерленген орны, қорған; ұжымдық жерлеудің бір түрі.*
**ҮЙТЕНТЕК** сын. *Мінезі шәлкес, еркетотай.*
**ҮЙТ-БҮЙТ=** ет. *Олай ету, бұлай ету.*
**ҮЙТКЕНМЕН** шыл. *Олай еткенмен, сонда да.*
**ҮЙТКЕНІ** шыл. ***Өйткені.*** *Көбіне салдары бұрын, себебі соңынан келетін себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің арасына қойылатын шылау сөз.*
**ҮЙТКІЗ=** ет. *Сойған малдың бас-сирағын, кейде денесін отқа ұстап күйдірткізу, қақтатқызу.*
**ҮЙТКІЗУ** *Үйткіз етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙТУ[1]** *Үйт[1] етістігінің қимыл атауы; олай ету, сөйту.*
**ҮЙТУ[2]** *Үйт[2] етістігінің қимыл атауы; отқа қақтау.*
**ҮЙ-ТУҒАН** зат. *Туған-туыс.*
**ҮЙТІЛ=** ет. **1.** *Сойылған малдың бас-сирағының, кейде денесінің күйдіріліп, отқа қақталуы.* **2.** *Жану, өртену, күю.*
**ҮЙТІЛУ** *Үйтіл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙТІП-БҮЙТІП** үст. *Оғып-бұғып, амалдап; әрең-мәрең.*
**ҮЙТІС=** ет. *Сойылған малды тұтас, не бассирағын отқа қақтасу, үйтуге көмектесу.*
**ҮЙТІСУ** *Үйтіс етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙШІ** зат. **1.** этн. *Киіз үйдің сүйегін, қаңқасын жасайтын шебер адам.* **2.** *Үй салушы, құрылысшы.*
**ҮЙШІК** зат. **1.** *Уақытша жасалған аласа, шағын, кішкене үй.* **2.** *Ит, құс және т.б. аң-құстардың тұрағы, жатағы.* **3.** *Қабадан аудың балық кіру үшін жасаған қуыстары.*
**ҮЙШІКТЕЙ** сын. *Кішкентай, шағын ғана.*
**ҮЙШІК-ҮЙШІК** зат. *Ойын атауы, балалардың отбасы мүшелерінің рөлінде ойнауы.*
**ҮЙІК** зат. *Үйілген зат, нәрсе.*
**ҮЙІЛ** зат. **1.** *Қарағайдың шор боп біткен қатты жері.* **2.** ауыс. *Қатты қатал.*
**ҮЙІЛ=** ет. **1.** *Заттың, нәрсенің бір жерге төбе болып жиналуы.* **2.** ауыс. *Бір жерге топталу.* **3.** ауыс. *Көп, мол болу.*
**ҮЙІЛУ** *Үйіл етістігінің қимыл атауы; төбе болып жиналу, топталу.*
**ҮЙІЛІП-ТӨГІЛІП** үст. *Топырлап, қаптап.*
**ҮЙІЛІС=** ет. *Топырласу, топтасу.*
**ҮЙІМ** зат. *Үйілген, жиналған з а т .*
**ҮЙІНДЕУІШ** зат. *Қызылша жемісін үйіп, үстіне қызылша үйетін мәшине.*
**ҮЙІНДІ** зат. **1.** *Төбе-төбе болып үйілген, жиналған з а т .* **2.** *Тозығы жетіп құлаған, бұзылған үйдің т.б. құрылыстың қалдығы, сарқыншағы.* **3.** әск. *Кесілген ағаштар, тастар, қар және басқа заттардан жасалған танкіге қарсы кедергілер.* **4.** геол. *Кенсіз бос таужыныстардың, кондициясыз пайдалы қазылымдардың не қалдықтардың жер үстіндегі үйінділері.* **5.** <лат. alluvio> *Белгілі бір арнамен ағатын су тасқындарының әрекетінен түзілетін шөгінділер (малтатас, қиыршықтас, құм және т . б.); құрлықтың қолтабанды немесе лагунаны теңізден бөліп тұратын үйінді бөлігі.*
**ҮЙІНДІЛЕ=** ет. *Үйінді жасау, төбе-төбе етіп үю.*
**ҮЙІНДІЛЕУ** *Үйінділе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үйінді жасау.* **2.** геол. *Жер бетіне жақын жатқан денесі үстіндегі бос таужыныстарды қопарғаннан кейін жинақтап, үйінді ретінде бір жерге орналастыру.*
**ҮЙІНДІЛЕУІШ** зат. жерг. *Аршылым таужыныстарын үйіндіге қаттап салуға арналған үзіліссіз жұмыс істейтін мәшине.*
**ҮЙІНШЕК** зат. *Кішкентай үйінді, аздап үйілген з а т .*
**ҮЙІП-ТӨГУ** *Үйіп-төк етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІП-ТӨК=** ет. **1.** *Мол етіп бәрін бір-ақ бере салу, жарылқау.* **2.** *Топырлату, жинап алу.* **3.** *Көп, мол ету.*
**ҮЙІР[1]** зат. **1.** *Бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас 15–20 шақты биелер тобы.* **2.** ауыс. *Өскен, еңбек еткен орта, тең-құрбының арасы.* **3.** *Топ.*
**Үйір болды.** а) *Бауыр басып, үйреністі, шырғалап шықпай қойды.* ә) жағымды. *Әуестенді, әдеттенді.* б) жағымсыз. *Пайда болды, жабысты.* **Үйірге қосылды.** *Өз ортасына қайта келді, қатарға қосылды.* **Үйірге салды.** *Үйір алды, үйірге қосты.* **Үйірге түсті.** *Айғыр үйірге кірді.* **Үйірде құтпан жалды айғыр.** поэт. *Өз үйірін қорғайтын мықты айғыр.* **Үйірден айырылды [адасты].** *Өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады.* **Үйірден шықпады.** *Қауымның, топтың ойынан шықты.* **Үйірімен үш тоғыз.** этн. *Аңшылықта айтылатын олжаң көбейсін, қанжығаң майлансын деген мағынадағы тілек.* **Үйірін тапты.** *Өскен ортаға қосылды.*
**ҮЙІР[2]** сын. *Бір нәрсеге жақын, жанасқыш, үйірсек, құмар.*
**Үйір болды.** а) *Бауыр басып, үйреніп кетті; шырғалап шықпай қойды.* ә) *Әдеттенді, дағдыланды.* б) *Құмартты, қызық көрді.* в) *Әуес етті.* г) *Үйреншікті болды, сіңісті болды.* **Үйір қылды.** а) *Бойына жақын етті, үйретті.* ә) *Әуес қылды, құмар қылды.*
**ҮЙІР[3]=** ет. **1.** *Бір жерге жинау, топтау.* **2.** ауыс. *Өзіне тарту, қызықтыру, жақындату.* **3.** ауыс. *Еліту, бағындыру.*
**ҮЙІР[4]=** ет. **1.** *Шыр көбелек айналдыру, дөңгелету.* **2.** *Таяқ, қылыш, пышақ, найза сияқты заттарды жұмсауға оқталу, төндіру.* **3.** *Ықтыру, ұшыру.*
**ҮЙІРБАСЫ** зат. *Қоңырандардың (құлан, киік, арқар) үйірін бастаушы қауаулы.*
**ҮЙІРГЕЛІК** зат. *Үйдің қасындағы, маңайындағы меншікті жер.*
**Үйіргелік телім**. *Үйдің маңайынан шаруашылық жүргізуге пайдалануға берілген арнайы жер бөлігі.*
**ҮЙІРГІШ** сын. *Үйіріп әкеткіш, өзіне тартқыш.*
**ҮЙІРЛЕ=** ет. *Топ-топ ету, шоғырландыру.*
**ҮЙІРЛЕН=** ет. **1.** *Топ-топ болу, топтану, шоғырлану.* **2.** ауыс. *Үйір болу, бауыр басу.*
**ҮЙІРЛЕНДІР=** ет. *Әуестендіру, құмарландыру.*
**ҮЙІРЛЕНДІРУ** *Үйірлендір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРЛЕНУ** *Үйірлен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРЛЕС[1]** сын. *Бір үйірдегі, үйірі бір.*
**ҮЙІРЛЕС[2]=** ет. *Үйренісу, бауыр басу.*
**ҮЙІРЛЕСТІК** зат. *Қауымдастық, ұжымдастық.*
**ҮЙІРЛЕСТІР=** ет. *Топқа қосу, жақындастыру, бауыр бастыру.*
**ҮЙІРЛЕСТІРУ** *Үйірлестір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРЛЕСУ** *Үйірлес етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРЛЕУ[1]** *Үйірле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРЛЕУ[2]** сын. *Жанасқыштау, жақындау, құмарлау.*
**ҮЙІРЛІ** сын. *Үйір-үйір болып топталған, топ-топ болып жиналған.*
**Үйірлі жылқы.** *Үйір-үйір болып топталған жылқы.* **Үйірлі мүше.** *Кемінде екі не одан көп сөзден құралып, бастауыштық-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын сөздер тобы.*
**ҮЙІРЛІК** зат. *Өзара жақын-жуықтық, құмарлық, үйір болушылық.*
**ҮЙІРМЕ** зат. *Белгілі бір іспен, өнермен айналысу үшін біріккен бір топ адам.*
**Үйірме жұмысы.** пед. *Оқушылардың өздігінен орындайтын әс-әрекеті; сабақтан және мектептен тыс жұмыстың бір түрі.*
**ҮЙІРМЕКІЛ** зат. ойын. *Асық ойынының бір түрі.*
**ҮЙІРМЕШІ** зат. *Іспен, өнермен айналысатын топтың жетекшісі.*
**ҮЙІРСЕК** сын. **1.** *Үйіріне әбден үйренген, үйірінен шықпайтын (жылқы).* **2.** ауыс. *Кісіге, іске жақын, үйір, бауырмал (адам).* **3.** ауыс. *Құмар.*
**Үйірсек аттай.** *Бір үйге я ауылға келе бергіш кісі туралы айтылады.*
**ҮЙІРСЕКТЕ=** ет. *Үйір болу, жақын тарту.*
**ҮЙІРСЕКТЕН=** ет. *Үйір болу, құмар болу, жақын тарту, үйренісу, бауыр басу.*
**ҮЙІРСЕКТЕНУ** *Үйірсектен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құмарту.* **2.** *Үйренісу, жақын тарту.*
**ҮЙІРСЕКТЕҢКІРЕ=** ет. *Үйірсектей түсу, үйірсектей беру.*
**ҮЙІРСЕКТЕҢКІРЕУ** *Үйірсектеңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРСЕКТЕТ=** ет. *Үйір ету, жақын тарту, бауыр бастыру, құмар қылу.*
**ҮЙІРСЕКТЕТУ** *Үйірсектет етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРСЕКТЕУ[1]** *Үйірсекте етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРСЕКТЕУ[2]** сын. *Жақындау, үйірлеу.*
**ҮЙІРСЕКТІК** зат. *Жақын тартушылық, бауырмалдық, құмарлық.*
**ҮЙІРСІРЕ=** ет. *Үйірін жоқтау, іздеу.*
**ҮЙІРСІРЕУ** *Үйірсіре етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРТ=** ет. **1.** *Бір жерге жинату, топтату.* **2.** ауыс. *Өзіне тарту, қызықтыру.*
**ҮЙІРТПЕКТЕ=** ет. сөйл. ***Үйірсекте.***
**ҮЙІРТПЕКТЕУ** *Үйіртпекте етістігінің қимыл атауы.*
**ҮЙІРУ[1]** *Үйір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шыр көбелек айналдыру.* **2.** ауыс. *Тарту, қызықтыру.*
**ҮЙІРУ[2]** зат. спорт. *Балуанның қарсыласының денесін қапсыра ұстап қатпалған немесе жоғары көтеру әдісі.*
**ҮЙІРУШІ: қамшы үйіруші.** *Қоқан-лоқы жасаушы, бұзақы.*
**ҮЙІР-ҮЙІР[1]** сын. *Топ-топ болып шоғырланған, бірнеше топ.*
**Үйір-үйір жылқы.** *Мыңғырған көп жылқы.*
**ҮЙІР-ҮЙІР[2]** сын. жерг. *Таныс, аралас.*
**ҮЙІР-ШҮЙІР** сын. *Бауыр, аралас-құралас.*
**ҮЙІРШІЛ** сын. *Үйірін, тобын іздегіш, үйір-құмар.*

**ҮЙІРІЛ=** ет. **1.** *Бір жерге жиналу, топталу, қоршау.* **2.** ауыс. *Үйір болу, бауыр басу, құмарту.* **3.** ауыс. *Үйрену, сіңісу.* **4.** ауыс. *Пайда болу, көрініс беру.* **5.** ауыс. *Бұлт басу, төну.*

**ҮЙІРІЛГІШ** сын. *Үйірілуге құмар, үйірілімпаз.*

**ҮЙІРІЛДІР=** ет. *Жақын тарту, еліктіру.*

**ҮЙІРІЛДІРУ** *Үйірілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІРІЛТ=** ет. **1.** *Шыр айналдыру.* **2.** ауыс. *Еліктіру, қызықтырту.* **3.** ауыс. *Мейірлендіру, елжірету.*

**ҮЙІРІЛТУ** *Үйірілт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІРІЛУ** *Үйіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІРІЛІС=** ет. **1.** *Жиналысу, топтасу.* **2.** *Үйренісу, бейімделу.*

**ҮЙІРІЛІС** зат. *Үйіріп әкетушілік.*

**ҮЙІРІЛІСУ** *Үйіріліс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІРІМ**[1] зат. **1.** *Үйірілген, бір жерге көп жиналған су; иірім.* **2.** *Әннің не күйдің үндестікке құрылған шоғыры.*

**ҮЙІРІМ**[2] зат. жерг. *Топ.*

**ҮЙІРІМДЕЛ=** ет. **1.** *Шоғырлану, жинақталу.* **2.** *Үйірім болу, иірімделу.*

**ҮЙІРІМДЕЛУ** *Үйірімдел етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІРІМДЕУ** сын. ***Иірімдеу.***

**ҮЙІРІМДІ** сын. **1.** *Үйіріп әкететін, орамды, жанасқыш.* **2.** *Орамды, жағымды.*

**ҮЙІРІМДІЛІК** зат. *Жұғымдылық, жанасқыштық, үйіріп алушылық.*

**ҮЙІРІМ-ҮЙІРІМ** сын. **1.** *Топталған, шоғырланған.* **2.** *Иілім-иірім.*

**ҮЙІС=** ет. ***Жинасу.***

**ҮЙІСТІР=** ет. *Жинастыру, үйе салу.*

**ҮЙІСТІРУ** *Үйістір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЙІСУ** *Үйіс етістігінің қимыл атауы; жинасу.*

**ҮК=** ет. **1.** *Бір нәрсені уатып майдалау, ұсақтау.* **2.** *Дәнді қауызынан ажыратып, бөліп алу.* **3.** *Дәнді диірменге салып тартып, талқан, ұн жасау.* **4.** ауыс. *Қирату, ойсырату, қырып-жою.*

**ҮКЕ** зат. *Жасы кіші ер адамдарға еркелете айтылатын атауыш.*

**ҮКЕМА** зат. көне. *Түс жорушы, бал ашатын кісі.*

**ҮККІЗ=** ет. *Тартқызу, ұсақтау, уатқызу.*

**ҮККІШ**[1] зат. *Бір затты үгіту, ұсату, майдалау үшін қолданылатын құрал.*

**ҮККІШ**[2] зат. анат. <лат. radula> *Көптеген моллюскілердің (қосжақтаулылардан басқа) жұтқыншағының құрсақ жағындағы етті тілінің сыртында болатын тісшелері бар иілгіш хитинді табақша.*

**ҮКПЕЛІ** сын. *Үгітілген, ұнтақталған.*

**ҮКПЕТІС** зат. *Азу тістер.*

**ҮКТІР=** ет. *Үгіттіру, ұсаттыру, тарттыру.*

**ҮКТІРУ** *Үктір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮКІ**[1] зат. **1.** зоол. <лат. bubo> *Жапалақтар отрядына жататын, түнде ұшатын ірі жыртқыш құс.* **2.** этн. *Түнде ұшып қоректенетін, жүні, тырнағы бойтұмар саналған ірі жыртқыш құс [Қазақ халқында қасиетті құс саналады, оның қауырсынындағы бедер Құранның құпияланып жазылған нұсқасы деп, баланың бесігіне, бас киіміне жүнін қадаған, бақыт, табыс әкеледі деген сеніммен салсерілер, ақын-әншілер, батырлар бас киімдерін, ат әбзелдерін, домбыраларын, аттарын үкілеген].* **3.** этн. *Әйел адамның (қыз-келін) бас киіміне (тақия, бөрік, сәукеле т.б.) тіл-көзден, жағымсыз күштерден қорғайды деген наныммен әрі сәндік үшін тағатын, қадайтын үлпілдек жүні.* **4.** этн. *Тіл-көзден, жағымсыз күштерден қорғайды деген наныммен әрі сәндік үшін тағылатын ат әбзелдерінің бірі.* **5.** *Батырлардың, сал-серінің, жігіт-желеңнің бас киіміне (бөрік, дулыға т.б.) тіл-көзден, жағымсыз күштерден қорғайды деген наныммен әрі сәндік үшін тағылатын үкінің жүні.*

**Үкі бас қой.** *Қойдың қозы күнінен бастап бос жүндері үкінің басына ұқсас ербие түсіп, екі шекесінің үстін ала тіктеу шыққан кішірек екі айдары барын білдіреді.* **Үкі бота [үкілі бота].** *Көз тиеді деген ұғыммен ноқтасына, төбесіне үкінің қауырсынын тағып сәндеген бота.* **Үкі көз.** *Үкінің көзі секілді, бадырайған, үлкен көз.* **Үкі тағу.** этн. *Күйеу жігіттің әке-шешесі, туыстары құдаласқан күні қалыңдықтың бас киіміне үкінің жүнін тағып, қызды айттырып қойғанының белгісін жасауы [Үкі тағылған қыз сол күннен бастап айттырылған болып, оған басқалар құда түспейді].*

**ҮКІ**[2] зат. *Қыста қатып қалған өзен, көлдің мұзын ойып жасалған суат.*

**ҮКІАЯҚ** зат. этн. *Әйелдің бас киіміне тіл-көзден қорғайды деп тағып қоятын үкінің аяғындағы тырнақтарын күміспен, моншақпен әшекейлеп жасаған салпыншақ тұмар түріндегі зергерлік бұйым.*

**ҮКІДЕЙ** сын. *Үкі сияқты әдемі, сүйкімді.*

**Үкідей ұшты.** *Қатты жүгірді, зыр қақты.*

**ҮКІЛЕ=** ет. **1.** *Үкі қадап сәндеу, тіл-көзден қорғау, әдемілеу.* **2.** ауыс. *Алақанына салып бағыпқағу, аялау, әлпештеу.*

**ҮКІЛЕН=** ет. *Үкі тағылып тіл-көзден қорғалу, әдемілену, сәнделу.*

**ҮКІЛЕНДІР=** ет. *Үлпілдету.*

**Үмітін үкілендірді.** *Сенімін арттырды, шыдамын шыңдай түсті.*

**ҮКІЛЕНУ** *Үкілен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮКІЛЕТ=** ет. *Үкі таққызу, сәндету.*

**ҮКІЛЕТУ** *Үкілет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮКІЛЕУ** *Үкіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮКІЛІ** сын. *Үкісі бар, үкіленген.*

**Үкілі бота.** *«Көз тиеді» деген ұғыммен ноқтасына, төбесіне үкінің қауырсынын тағып сәндеген бота.* **Үкілі бөрік.** этн. *Төбесіне үкі таққан сәнді бас киім.* **Үкілі домбыра.** а) *Бәсеке-жарыс, көрмелерде өзінің шешендігімен, домбырашының шебер тартуымен үздік бағаланып жүлде алған, ел арасына атағы шыққан, иесін тіл-көзден сақтасын деген ниетпен басына үкі тағып ұстайтын хас шебердің қолтума домбырасы.* ә) *Қасиетті, қастерлі домбыра.* **Үкілі жүген.** қолөнер. *Сәндік үшін яки ырым етіп үкі қауырсыны тағылған жүген.* **Үкілі қыз.** этн. *Айттырылып қойған қыз.* **Үкілі пошта.** көне. *Ресми түрде жедел жіберілетін хат-қағаз.* **Үкілі сәукеле.** этн. *Төбесі үкінің қауырсындарымен әшекейленген сәукеле.* **Үкілі тымақ.** этн. *Үкі тағылған тымақ.*

**ҮКІЛІ-ТҰМАРЛЫ** сын. *Үкі-тұмар тағылған.*

**Үкілі-тұмарлы ат.** этн. *Әшекейлі ат әбзелдерімен (үкі, тұмар т.б.) безендірілген сәнді ат.*

**ҮКІМ** зат. **1.** заң. *Соттың қылмысты істер жөніндегі шешімі; жаза.* **2.** ауыс. *Кесім, жарлық, билік.* **3.** ауыс. *Бұйрық, жазмыш.*

**Үкім айтты [жүргізді, қылды].** *Билік сөзін, шешімін жариялады, бұйрық етті.* **Үкім кесті.** *Үкім шығарды, жазаға бұйырды.* Үкім кесті. *Жаза кесті, жазалады, соттады, үкім шығарды.* **Үкім қылды.** *Бұйырды, әмір етті.* **Үкім шығарды.** *Сот қылмысты істер жөнінде шешім қабылдады.* **Үкім шықты.** *Соттың қылмысты іс жөнінде шешімі қабылданды, жазаға тартылды.* **Үкімі жүрді.** *Айтқаны болды, дегені орындалды.*

**ҮКІМДАР** зат. ескікіт. *Өкімет, билеушілер.*

**ҮКІМДЕЛ=** ет. *Үкімге кесілу, жазалану.*

**ҮКІМДІК** зат. *Үкім етушілік, билік.*

**ҮКІМЕТ** зат. *Мемлекеттің атқарушы билігінің жоғарғы органы.* **2.** ауыс. *Өкімдік.* **3.** ауыс. *Басшы, билеуші.* **4.** ауыс. *Мемлекет.*

**Үкімет борышы.** *Белгілі бір мерзімде алынған және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың, сондай-ақ заңнамалық келісімдер мен үкімет борышына жатқызылған борышқорлық міндеттемелердің сомасы.* **Үкімет қаулысы.** заң. *Қазақстан Республикасының Үкіметі шығарып, Премьер-министр қолы қойылатын заң күші бар құжат.*

**ҮКІМЕТАРАЛЫҚ** сын. *Түрлі мемлекеттер үкіметтерінің өзара байланысы, қарым-қатынастары және соларға тән қасиеттер.*

**Үкіметаралық қарыз.** *Бір елге екінші ел тарапынан мерзімділік және белгіленген төлем үшін қайтарым шарттарымен тауар-материалдық құндылықтар, ақшалай қаражат беру нысанындағы халықаралық несие.*

**ҮКІМЕТБАСЫ** зат. *Әрбір мемлекеттің жоғарғы үкіметін басқарушы; премьер-министр.*

**ҮКІМЕТТІК** сын. *Үкіметке қатынасты, үкімет ісіне байланысты.*

**Үкіметтік емес ұйымдар.** қоғ.-саяси. *Жеке немесе заңды тұлғалардың бірігуі нәтижесінде құрылған, қызметі үкіметтің ішкі саясатынан тыс жүргізілетін ұйымдар.* **Үкіметтік емес халықаралық ұйымдар.** *Мемлекетаралық келісім негізінде емес, жеке немесе заңды тұлғалардың бірігуі нәтижесінде құрылған, қызметі үкіметтің ресми сыртқы саясатынан тыс жүргізілетін ұйымдар.*

**ҮКІМРАНДЫҚ** сын. *Билеушілік, әкімшілік, патшалық.*

**ҮКІМШІ** зат. *Үкім айтушы, кесім кесуші; үстемдік етуші, билік айтушы.*

**ҮКІРДАЙ** зат. жерг. *Болыс, болысты басқаратын әкім; рубасыларына берілетін атақ.*

**ҮКІРДАЙЛЫҚ** сын. ***Болыстық.***

**ҮКІ-ТҮКІ** үст. сөйл. *Үйпа-түйпа, үйқы-түйқы.*

**ҮКІШАБАҚ** зат. зоол. *Тұқы тұқымдас балықтарға жататын ұсақ балық.*

**ҮКІШЕ** үст. *Үкіге ұқсап, үкі тәрізденіп.*

**ҰЛ: ұл болмаса күл болсын.** сөйл. *Не болса о болсын.*

**ҰЛБІР** зат. *Үлпілдек жүнді жануарлардың бағалы терісі. // Жұқа, нәзік.*

**ҰЛБІРЕ=** ет. **1.** *Мамықтай, жұп-жұмсақ болу.* **2.** ауыс. *Үлжу, нәзіктену.* **3.** ауыс. *Үлпілдеу.* **4.** ауыс. *Жұқару, тозу.* **5.** ауыс. *Жап-жас, уыздай.* **6.** ауыс. *Сұлу, ару.*

**ҰЛБІРЕК**[1] зат. өс. <лат. lavatera> *Құлқайыр тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ҰЛБІРЕК**[2] сын. **1.** *Ұлбіреген, жұмсақ.* **2.** *Нәзік.*

**ҰЛБІРЕТ=** ет. **1.** *Үлпілдету.* **2.** ауыс. *Нәзіктендіру, алақанға салып, тым еркелетіп жіберу.*

**ҰЛБІРЕТУ** *Ұлбірет етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛБІРЕУ** *Ұлбіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛБІРЕУІК** сын. *Ұлбіреген, өте нәзік.*

**ҰЛБІРТОН** зат. *Бағалы аң терісінен жасалған сырт киім.*

**ҰЛГЕР=** ет. **1.** *Бір нәрсені белгілі уақытқа дейін істеп біту, тамамдау. // Қандай да бір іс-әрекетті белгілі бір уақыт арасында істеуге мүмкіндігі болу, жүзеге асыру.* **2.** *Оқуда жаман баға алмай, құрбы-құрдастарымен қатар болу.*

**ҰЛГЕРМЕУШІЛІК** зат. **1.** *Іс-әрекетті белгілі бір уақыт аралығында іске асыра алмаушылық.* **2.** пед. *Оқушылардың білім мазмұнын игеру деңгейінің оқу бағдарламасында көзделген деңгеймен салыстырғанда негұрлым төмен болушылық.*

**ҰЛГЕРТ=** ет. *Істеп бітірту, тамамдату.*

**ҰЛГЕРТУ** *Ұлгерт етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛГЕРУ** *Ұлгер етістігінің қимыл атауы.*

**ҰЛГЕРІМ** зат. пед. *Оқушылардың оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны олардың тереңдігі, саналығы, толықтығы мен беріктілігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі; оқуды меңгерушілік, игерушілік.*

**ҰЛГІ** зат. **1.** *Өнеге, тәлім.* **2.** *Бір нәрсеге көрнекті құрал ретінде қолданылатын зат, нұсқа.* **3.** *Сән, киім кию, шаш қою формасы, моделі, түрі.*

**Ұлгі алды.** *Үйренді, тәлім-тәрбие, өнеге алды.* **Ұлгі берді.** *Тәлім-тәрбие көрсетті, өнеге болды.* **Ұлгі болды.** *Өнегелі іс жасады, үлгі көрсетті.* **Ұлгіге салу.** *Дайын пішінге, қалыпқа салып шығару (пішу, тігу, т.б.).* **Ұлгі етті.** *Өнеге тұтты, үлгі қылды.* **Ұлгі көрді.** *Өнегелі іс деп тапты, дұрыс санады.* **Ұлгі**

**көрсетті.** *Үлгі-өнеге берді.* **Үлгі қылды.** *Үлгі-өнеге етті.* **Үлгі шашты.** *Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие берді.*

**ҮЛГІГЕР** зат. *Әртүрлі замануи киім үлгілерін ойлап табушы маман; модельер.*

**ҮЛГІҚАЛЫП** зат. *Бұйымның сапасы мен қасиеті жағынан танылған, қалыптасқан үлгі.*

**ҮЛГІЛЕ=** ет. *Үлгі жасау, үлгі ету.*

**ҮЛГІЛЕС** сын. *Үлгілері ұқсас, шамалас.*

**ҮЛГІЛЕУ** *Үлгіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛГІЛЕУШІ** зат. *Үлгіге салатын адам.*

**ҮЛГІЛІ** сын. **1.** *Өнегелі, тәлім-тәрбиелі.* **2.** *Оқуда оз а т .*

**ҮЛГІЛІК** сын. *Үлгі боларлық, үлгі етерлік.*

**ҮЛГІЛІЛІК** зат. *Үлгі болушылық, тәрбиелілік.*

**ҮЛГІ-НҰСҚА** зат. *Үлгі-өнеге болу үшін жасалған нәрсе.*

**ҮЛГІ-ӨНЕГЕ** зат. *Тәлім-тәрбиелік маңызы бар нәрсе, нұсқа.*

**Үлгі-өнеге етті.** *Тәлім-тәрбиелік маңызы бар іс ретінде көрсетті.* **Үлгі-өнегесін көрді.** *Тәлім-тәрбиесін алды.*

**ҮЛГІР=** ет. **1.** *Жұмысты, іс-әрекетті дер кезінде істеп болу, аяқтау, бітіру, үлгеру.* **2.** *Оқу ісінде құрбы-құрдастарынан кейін қалмай, солардың қатарында жүру.*

**ҮЛГІРМЕУШІ** зат. *Сабақты меңгеріп оқып кете алмаушы.*

**ҮЛГІРМЕУШІЛІК** зат. *Сабақты жақсы оқи алмаушылық.*

**ҮЛГІРТ=** ет. *Белгілі бір іс-әрекетті дер кезінде аяқтау, үлгерту.*

**ҮЛГІРТУ** *Үлгірт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛГІРТІЛ=** ет. *Белгілі бір іс-әрекеттің дер кезінде аяқталып, үлгертілуі.*

**ҮЛГІРТІЛУ** *Үлгіртіл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛГІРУ** *Үлгір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛГІРУШІ** зат. *Істі, жұмысты, оқуды дер кезінде меңгеруші, игеруші.*

**ҮЛГІРІЛ=** ет. *Белгілі бір жұмыстың, іс-әрекеттің дер кезінде аяқталып, үлгерілуі.*

**ҮЛГІРІЛУ** *Үлгіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛГІРІМ** зат. пед. *Сабақты меңгеру, игеру ісі.*

**ҮЛГІШІ** зат. *Киім, кілем тағы басқа нәрсенің үлгісін жасаушы маман.*

**ҮЛГІШІЛ** сын. *Дәстүрлі.*

**ҮЛГІСІЗ** сын. **1.** *Үлгісі жоқ, үлгі пайдаланылмаған.* **2.** ауыс. *Тәрбиесіз, көргенсіз, өнегесіз.* **3.** ауыс. *Артық-кем, дәл емес.*

**ҮЛГІСІЗДІК** зат. *Үлгі-өнеге көрмеушілік.*

**ҮЛДЕ** зат. *Қымбат жұқа мата.*

**Үлде мен бүлде**. *Қымбат маталар, ылғи асыл киімдер.* **Үлде мен бүлдеге бөледі.** *Барынша жақсы киіндірді, әлпештеп бақты.* **Үлде мен бүлдеге бөленді [оранды, малынды].** *Ең жақсы, сәнді киім киді, ырысқа кенелді, төрт түлігі сай болды.* **Үлде мен бүлдеге малындырды.** *Байлықты үйіп-төкті, кимегенді киіндірді.* **Үлде мен бүлдеге орады.** *Бар жақсыны үстіне кигізді.*

**ҮЛДІР**[1] зат. *Фотосуретке түсіруде қолданылатын жабдық.*

**ҮЛДІР**[2] сын. *Өте жұмсақ, үлпадай; жұпжұқа.*

**ҮЛДІРЕ=** ет. *Қолдың, табанның терісі жұқарып, қолдырауы; жұқару.*

**ҮЛДІРЕК**[1] сын. *Жұп-жұқа, өте жұмсақ.*

**ҮЛДІРЕК**[2] зат. жерг. *Селдір мата, дәке.*

**ҮЛДІРЕТ=** ет. *Құлдірету.*

**ҮЛДІРЕТУ** *Үлдірет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛДІРЕУ** *Үлдіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛДІРІК**[1] зат. *Ыдыс-аяқ, тағам қоюға арналған сөре, орын.*

**ҮЛДІРІК**[2] зат. *Жұқа шүберек, дәке.*

**ҮЛДІРІК**[3] зат. *Қамыстың басындағы жұқа, жұмсақ шашақ.*

**ҮЛЕ=** ет. *Үлестіру, таратып беру.*

**ҮЛЕК** зат. **1.** *Таза қанды нар түйенің таза тұқымды бурасы.* **2.** ауыс. *Төбе, биіктік.*

**Үлек бота.** *Таза аруана мен үлектен туған жалғыз өркешті еркек бота.* **Үлек нар.** *Қисық төс нардың ұрғашысын лөкке шағылыстырудан туған түйе.*

**ҮЛЕКСЕТӘРІЗДІ: үлексетәрізді сарытікен.** өс. <лат. horaninovia anomala> *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік, сарытікеннің Қазақстанда өсетін бір түрі.*

**ҮЛЕКТЕЙ** сын. *Үлек сияқты.*

**ҮЛЕКШЕ**[1] зат. *Үлек дәрежесіне жетпеген, төрт жастан асқан аруана нәсілдес еркек түйенің атауы.*

**ҮЛЕКШЕ**[2] үст. *Үлекке ұқсап, үлек тәрізді.*

**ҮЛЕМ** зат. *Топ, ағым.*

**ҮЛЕС** зат. **1.** *Сыбаға, тиесі.* **2.** *Белгілі бір істің, жұмыстың орындалуына қосылған еңбегі.* **3.** <лат. portio> *Мейрамханада, асханада бір адамға шақталып берілетін тағам немесе сусын.* **4.** *Меншік.* **5.** ауыс. *Алланың берген ризығы.*

**Үлес алды.** *Тиесілі сыбағасы қолына тиді.* **Үлес қосты.** *Қандай да бір еңбегі сіңді; пайдасын тигізді, көмегі болды, қол ұшын берді.* **Үлес қосу.** *Бір істің орындалу, жүзеге асуына атсалысу, септігін тигізу.* **Үлес салмағы.** а) физ. *Бір зат салмағының басқа заттар салмағына қатынасын білдіретін өлшем.* ә) *Алатын орны, рөлі.* **Үлестен құр қалды.** *Сыбаға тимеді.* **Үлесі кетті.** *Есесі кетті, еңбегі еш болды.*

**ҮЛЕС=** ет. **1.** *Белгілі бір нәрсені әркімге тарату, бөліп беру.* **2.** *Тиесілі үлесін, сыбағасын бөліп алу.* **3.** ауыс. *Бірден-бірге өту, қолдан-қолға көшу.*

**ҮЛЕСКЕР** зат. экон. *Жоспарланған нәтиже алу (табыс алу, әлеуметтік және табиғат қорғау объектілерін, т.б. іске қосу) мақсатымен ақшалай қаражаттың, мүліктің немесе қандай да бір басқа құндылықтардың белгілі бір сомасын жарғы капиталына енгізу арқылы қандай да бір бірлескен жобаға қатысушыға айналған жеке немесе заңды тұлға.*

**ҮЛЕСКЕРЛІК** зат. экон. *Жер иесінің жалдау ақысын онан түскен өнімнің бір бөлігімен алатын жерді жалға берудің бір түрі.*

**ҮЛЕСКІ** зат. *Жердің, т.с.с. шағын бөлегі.*

**ҮЛЕСПҰЛ** зат. экон. *Ортақ іске жеке қатысушының осы ортақ іске қосқан ақшалай жарнасы.*

**ҮЛЕСПҰЛДЫҚ** сын. *Үлеспұлға қатысты.*

**Үлеспұлдық қор.** экон. *Кооперативтік ұйымның үлеспұлдық жарналардан құралатын мүліктік және ақшалай қоры.*

**ҮЛЕСТІ** сын. *Тиісті, сыбағасына тиген.*

**ҮЛЕСТІК** сын. *Сыбағасына, үлесіне тиген (нәрсе).*

**Үлестік әдіс.** *Астықты үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ететін тәсіл.* **Үлестік меншік.** экон. *Қатысушылардың үлесі анықталған ортақ меншік.* **Үлестік міндеттеме.** экон. *Бірнеше несиегердің немесе бірнеше борышқордың қатысуымен қабылданатын міндеттеме.*

**ҮЛЕСТІР=** ет. **1.** *Тарату, бөліп беру.* **2.** ауыс. *Ризық ету, нәсіп ету.* **3.** ауыс. *Дарыту.* **4.** ауыс. *Мұра ету, мирас етіп қалдыру.*

**ҮЛЕСТІРГІШ** зат. *Затты үлестіретін, тарататын құрал.*

**ҮЛЕСТІРМЕЛІ** сын. *Үлестіретін, таратагын.*

**ҮЛЕСТІРУ** *Үлестір етістігінің қимыл атауы; таратып беру.*

**ҮЛЕСТІРУШІ** зат. *Таратушы, бөліп беруші.*

**ҮЛЕСТІРІЛ=** ет. *Таратылу, бөлініп берілу.*

**ҮЛЕСТІРІЛУ** *Үлестіріл етістігінің қимыл атауы. .*

**ҮЛЕСТІРІМ: жиілік үлестірім.** экон. *Көп қайталанатын оқиғалар мен құбылыстардың белгілі бір мәндерінің пайда болу жиілігінің есебі.*

**ҮЛЕСУ** *Үлес етістігінің қимыл атауы; бөліп, сыбағасын алу.*

**ҮЛЕСІЛ=** ет. *Таратылу, үлестірілу.*

**ҮЛЕСІЛУ** *Үлесіл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛЕУ** *Үле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕЙ=** ет. **1.** *Көлемі арту, кеңею, зораю.* **2.** *Көзі бақыраю, шарасынан шығу.* **3.** ауыс. *Өсу, ер жету, жетілу.* **4.** ауыс. *Қартаю, жасы келу, мосқал тарту.* **5.** ауыс. *Қызметі, атақ-дәрежесі жоғарылау.* **6.** ауыс. *Орны, жолы жоғарылау.*

**ҮЛКЕЙТ=** ет. **1.** *Үлкен ету, көлемін ұлғайту.* **2.** *Кеңейту.* **3.** *Жасын қосып айту, жасын үлкен санау.* **4.** ауыс. *Асыру, өсіре айту.*

**ҮЛКЕЙТКІШ**[1] зат. *Бір нәрсені ұлғайтып көрсететін құрал; лупа.*

**Үлкейткіш әйнек.** *Бір жағы ойыс, бір жағы дөңес, үлкейтіп көрсететін шыны, лупа.*

**ҮЛКЕЙТКІШ**[2] сын. *Үлкейтіп көрсететін, үлкейтетін.*

**ҮЛКЕЙТТІР=** ет. *Көлемін ұлғайттыру.*

**ҮЛКЕЙТТІРУ** *Үлкейттір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕЙТУ** *Үлкейт етістігінің қимыл атауы; көлемін ұлғайту.*

**ҮЛКЕЙТІЛ=** ет. *Көлемі ұлғайтылу.*

**ҮЛКЕЙТІЛУ** *Үлкейтіл етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕЙТІҢКІРЕ=** ет. *Үлкейте түсу, ұлғайтыңқырау.*

**ҮЛКЕЙТІҢКІРЕУ** *Үлкейтіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕН** сын. **1.** *Көлемі жағынан аумақты, зор, дәу.* **2.** *Маңызды, көрнекті.* **3.** ауыс. *Бұрын туған, жасы артық.* **4.** ауыс. *Көпті көрген көне, көп жасаған. // Жасы үлкен адам, көпті көрген қарт, қария. // Ересек, естияр.* **5.** ауыс. *Айтулы, белгілі.* **6.** ауыс. *Сенімді, жанашыр.* **7.** ауыс. *Шектен шыққан.* **8.** ауыс. *Бағалы, құнды.* **9.** ауыс. *Қызметі жоғары адам.* **10.** ауыс. *Бас көтерер.* **11.** ауыс. *Мол, көп.*

**Үлкен адам [кісі].** *Еліне елеулі, халқына қалаулы адам.* **Үлкен азу.** *Ұрт азуының арғы жағынан асты, үстіне үш-үштен орналасқан тіс.* **Үлкен андыз.** өс. *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі екі метрге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Үлкен ауыл.** этн. *Қара шаңырақты ауыл, ру басының отырған ауылы.* **Үлкен әйел [қатын].** этн. *Бірінші алған әйел, бәйбіше.* **Үлкен дәрет.** *Адамның нәжісі, қою дәреті.* **Үлкенді сыйлау.** этн. *Қазақ халқының жасы үлкен кісіні құрметтеу, алдынан өтпеу, үлкеннен бұрын сөз алмау, әдеп сақтау, үлкеннің сөзін тыңдау, айтқанына құлақ асу т.б. тұратын мінез ерекшелігі.* **Үлкен есеппен жасады.** *Белгілі бір пікірмен істелді, алдына зор мақсат қойды.* **Үлкен жүректі.** *Кеңпейілді.* **Үлкен күнәлар.** діни. *Жасаған күнәсі үшін шариғат заңы бойынша бұл дүниеде жазаланатын, адамның өзімен бірге тозаққа ала баратын, Аллаға серік қосу, зинақорлық, кісі өлтіру, жала жабу, жетімнің несібесін жеу сияқты т.б. күнәлар.* **Үлкен [жасы үлкен] кісі.** а) *Жасы ұлғайған егде адам.* ә) *Өте беделді, әмірі екі болмайтын адам.* **Үлкен кісідей.** *Ересек адамша.* **Үлкен кісіше.** *Ересек, естияр адамша.* **Үлкен құлық бие.** *Міністен ерғашты болып, күш-көлікке басылып, үйірге қосылмай жүріп, кейіннен айғырдан шығып құлындаған ірі бие.* **Үлкен ми.** анат. *Орталық жүйке жүйесінің екінші бөлігі.* **Үлкен ой.** *Кеңінен толғау, терең ой.* **Үлкен сегіздік** [сегіздік тобы]. саяси. *Әлемдік экономикалық мәселелерді талқылау үшін үнемі басқосулар өткізіп отыратын ҚШ, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания, Канада, Италия, Ресей сияқты сегіз ірі елдерден құралған топ, ұйым.* **Үлкен орын.** *Басшылық ететін, жоғарғы қызмет, мансап.* **Үлкен үй.** этн. *Әке-шешесінің үйі; қара шаңыраққа ие болып отырған үй.* **Үлкен шаңырақ.** этн. *Үлкен үй; үлкен мекеме.* **Үлкен [ұлы] шеше.** *Баланың әкесінің шешесі; әже.* **Үлкеннің алдынан өтпеді.** этн. *Жасы үлкен адамды сыйлау, құрметтеу ишарасын жасап, оған жол берді, жолын кеспей, ол жүргеннен кейін қозғалды.*

**ҮЛКЕНДЕУ** сын. **1.** *Бір жағынан үлкендігі бар, ересектеу.* **2.** *Ірілеу, көлемдірек, аумақтырақ.*

**ҮЛКЕНДІК** з а т. **1.** *Үлкен болғандық, дәулік.* **2.** *Көлем, пішін.* **3.** а у ы с. *Жасы ұлғайғандық, ағалық.* **4.** а у ы с. *Әлімжеттілік, күші артықтық, лауазымы жоғарылық.*

**ҮЛКЕНДІ-КІШІЛІ** с ы н. *Үлкені мен кішісі аралас, әртүрлі.*

**ҮЛКЕНКАЛИБРЛІ** с ы н. *Калибрі үлкен (қару).*

**ҮЛКЕН-КІШІ** с ы н. **1.** *Кәрі-жасы аралас, барша қауым.* **2.** *Ірілі-уақты.* **3.** *Азды-көпті.*

**Үлкен-кіші демейді.** *Бөліп-жармайды.*

**ҮЛКЕН-КІШІЛІ** с ы н. **1.** *Үлкені бар, кішісі бар, ірілі-уақты; әртүрлі.* **2.** *Кәрі-жасы аралас.*

**ҮЛКЕН-КІШІЛІК** з а т. *Үлкен не кіші екендік, заттың, нәрсенің көлемі.*

**ҮЛКЕНСУ** *Үлкенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕНСЫМАҚ** с ы н. э к с п р. *Өзінің үлкендігін көрсеткісі келген, үлкен болғансыған (адам).*

**ҮЛКЕНСІ=** е т. *Үлкен болғансу, үлкен болуға ұмтылу, үлкен екендігін көрсеткісі келу.*

**ҮЛКЕНСІН=** е т. *Үлкен санау.*

**ҮЛКЕНСІНУ** *Үлкенсін етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕНСІТ=** е т. *Үлкен санату.*

**ҮЛКЕНСІТУ** *Үлкенсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛКЕНШЕ** ү с т. *Үлкен кісі сияқты, үлкенге ұқсап.*

**ҮЛКЕНІРЕК** с ы н. **1.** *Дәуірек, зорырақ.* **2.** *Жасы үлкендеу.* **3.** *Күрделірек, қиындау.* **4.** *Дәрежесі артығырақ.*

**ҮЛКЕЮ** *Үлкей етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлемі ұлғаю.* **2.** *Кеңею.* **3.** а у ы с. *Жасы ұлғаю.* **4.** а у ы с. *Дәрежесі, қызметі өсу.*

**ҮЛП** е л і к. *Үп етіп жай ғана соққан желдің лебін бейнелейтін сөз.*

**Үлп етті**. *Желпіп қана өтті.*

**ҮЛПАТ**[1] с ы н. к ө н е. *Жақын, үйір.*

**ҮЛПАТ**[2] з а т. ж е р г. э т н. *30–40 жігіт бірлесіп уәде байлап, бірін-бірі шақырып қонақ болу.*

**ҮЛПАТТАС=** е т. *Жақындасу, үйір болу, тіл табысу.*

**ҮЛПАТТАСУ** *Үлпаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛПЕ** с ы н. *Үлпілдеген мамық.*

**ҮЛПЕК** с ы н. *Мамық, ұлпа. // Тебіндеп шығып келе жатқан сақал-мұрт.*

**Үлпек қар.** *Жеңіл, ұлпа қар.*

**ҮЛПЕКТЕН=** е т. *Үлпек-үлпек болу, ұлпалану, қыраулану.*

**ҮЛПЕКТЕНУ** *Үлпектен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛПЕРШЕК** з а т. **1.** а н а т. <лат. pericardium> *Көкірек қуысында жүректі қаптап жатқан сірлі, фиброзды қапшық.* **2.** т а м а қ. *Жүрек қабына май, кесек ет т.б. салып жасалған, шұжық тәрізді тағам. // Үлбіреп тұрған, жұп-жұмсақ.*

**ҮЛПЕРШЕКТЕЙ** с ы н. *Уылжыған, сүп-сүйкімді.*

**ҮЛПЕРШЕКТІ** с ы н. *Майлы, әрлі.*

**ҮЛПЕТТІ** с ы н. ж е р г. *Құрметті, сыйлы.*

**ҮЛП-ҮЛП: үлп-үлп етті.** *Үлпілдеді.*

**ҮЛПІ=** е т. *Желдің соғуы.*

**ҮЛПІКЕР** с ы н. *Үлпілдеп тұрған, жұп-жұмсақ.*

**ҮЛПІЛ: үлпіл қақты**. *Үлпілдеді, нәзік, биязы түрде желпілдеді.*

**ҮЛПІЛДЕ=** е т. *Жеңіл, нәзік желкілдеу, ұлбіреу.*

**ҮЛПІЛДЕК**[1] з а т. *Өсімдік басының ұшында болатын мамық шашағы.*

**ҮЛПІЛДЕК**[2] с ы н. **1.** *Өте жұмсақ, ұлбіреген, ұлпіл қаққан.* **2.** *Жаңа жауған ұлпа (қар).*

**ҮЛПІЛДЕТ=** е т. *Үлп-ұлп еткізу, ұлпіл қақтыру, ұлбірету.* **2.** а у ы з. *Аяқ-қолын жерге тигізбей еркелетіп өсіру.*

**ҮЛПІЛДЕТУ** *Үлпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛПІЛДЕУ** *Үлпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮЛПІР** с ы н. *Нәзік, ұлбір.*

**ҮЛІК** з а т. ж е р г. *Қайық қақпағы.*

**ҮМБЕТ** з а т. д і н и. *Хақ дінінің біріне мойынсұнған, бағыныштағы, оның пайғамбарының соңынан ерген қауым.*

**ҮМБЕТТІК** з а т. д і н и. *Хақ діндердің біріне мойынсұнушылық.*

**ҮМЕ** з а т. этн. *Белгілі бір жұмысты істеуге көпшілікті шақыру салты; көмек, жәрдем, асар.*

**ҮМЕК-ШҮМЕГІМЕН** ү с т. *Түп-түгел, барлығы.*

**ҮМЕЛЕ=** е т. *Көпшілік болып көмектесу, асарлау.*

**ҮМЕЛЕУ** *Үмеле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮМЕШІ** з а т. *Үмеге келген адам, асаршы.*

**ҮМІТ** з а т. **1.** *Белгілі бір істің, ойдың жүзеге асуына білдірілген сенім, дәме.* **2.** *Арман-тілек.* **3.** а у ы с. *Үміт артары, сенері.*

**Үміт артты**. *Сенім білдірді.* **Үміт бар.** *Сенімін жоғалтпаған, дәмелі.* **Үміт дүниесі**. *Арман, ой, тілек.* **Үміт етті [қылды].** а) *Армандады, дәмеленді.* ә) *Сенім артты.* б) *Күдер үзбеді.* **Үміт [-тің шамы] жанды.** *Арманы оянды, болашаққа деген сенім пайда болды.* **Үміт жетеледі.** *Сенім ұялатты, дәмелендірді.* **Үмітке жетті.** *Сенімі ақталды, арман-тілегі орындалды.* **Үміт жібі.** п о э т. *Бір нәрсеге үміттену, жақсылық күту.* **Үміт күтті.** *Дәмеленді, үміт етті.* **Үміт қылды.** *Күдерін үзбеді, сенімін жоғалтпады.* **Үміт ордасын тікті.** п о э т. *Сенімді, баянды іс жасады.* **Үміт оты.** *Арман, тілек.* **Үміт оты жалп-жұлп етті.** *Үміті, сенімі біресе күшейді, біресе жоғалды.* **Үміт оты [үміті] өшті.** *Үміті үзілді, сенімі ақталмады.* **Үміт өлең.** *Үміт күте жазылған өлең.* **Үмітпен күткен.** *Сенім артқан.* **Үміт сәулесі.** п о э т. *Арман-тілегі, жарқын болашақ.* **Үміт септі.** *Үміттендірді, болашаққа сендірді.* **Үмітті ақтады**. *Ойлаған ойды, тілекті орындады.* **Үміттің жібін үзді.** п о э т. *Сенімін жоғалтты.* **Үміттің көлін кешті.** п о э т. *Әлі де үмітім бар деген мағынада.* **Үміттің оты ойнады.** п о э т. *Сенімі артты, болашағынан зор үміт күтті.* **Үміт үзбеді.** *Сенімін жоғалтпады.* **Үміт [үмітін] үзді.** *Түңілді, үміттенбеді, сенімі жоғалды.* **Үміт үзді.** *Барлық сенімін жоғалтты, үміттенбеді, күдер үзді.* **Үміт шамын өшірді.** б е й н. *Үмітін үзді, сенім артуын қойды.* **Үміті ақталды.** *Тілегі орындалды.* **Үміті алда.** *Болашағы зор.* **Үміті алданды.** *Жер соғып қалды, соқыр сенімге ұшырады.* **Үміті желге ұшты.** *Сенім-дәмесі босқа кетті.* **Үміті желге ұшты.** *Үміті үзілді, босқа кетті.* **Үміті жанды.** *Арман-тілегі орындалды, дәмесі артты, сенімі күшейді.* **Үміті жеткізбеді.** *Арман-тілегі орындалмады.* **Үміті жоғалды.** *Сенімнен айырылды, үміті үзілді.* **Үміті кесілді [қиылды].** *Көздеген мақсаты, ниеті орындалмай қалды.* **Үміті көп.** *Сенімі мол.* Үмітін кесті. *Сенім қалдырмады.* **Үміті қиылды.** *Ойлағаны болмады, үміті үзілді.* **Үмітін көмді.** *Үмітін өшірді.* **Үмітін сөндірді.** *Үмітін үздірді.* **Үміті өшті [сөнді].** *Сенімі жоғалды.* **Үмітін өшірді [сөндірді].** *Сенімін жоғалтты.* **Үмітін ұстады.** *Бұл жерде күдерін үзбей, тілектес болды деген мағынада.* **Үмітін үздірді.** *Барлық сенімін жоғалтты.* **Үмітінің сәті түсті.** *Арман-тілегі орындалды.* **Үміті үзілді.** *Арман-тілегі орындалмай қалды, сенімін жоғалтты.* **Үміті үзілу.** *Арман, мақсаты орындалмай қалу, үміті сөну.*

**ҮММЕТ** з а т. д і н и. с ө й л. ***Үмбет.***

**ҮМІТКЕР** з а т. **1.** *Белгілі бір істен дәмелі адам. // Үміті бар, дәмелі.* **2.** *Спорт т.б. салада белгілі бір жарыс межесінен өтіп, одан кейінгі бәсекеге қатысуға мүмкіндік алған адам.*

**ҮМІТКЕРЛІК** з а т. ж а ң а. *Үміткер болушылық (бәсеке, жарысқа, байқауға қатысуға мүмкіндік алушылық).// Үміткер болуға қатысты.*

**ҮМІТ-ҚОРҒАН** з а т. *Сенері, арқа сүйері, қорғаушысы.*

**ҮМІТ-МҰРАТ** з а т. *Белгілі бір ойдың іске асуына білдірілетін сенім, арман.*

**ҮМІТСІЗ** с ы н. *Күдер үзген, үміті кесілген, сенімін жоғалтқан.*

**Үмітсіз шайтан [ісі].** *Ешқашан жақсылықтан күдер үзбе, үмітіңді кеспе, жойма деген мағынада [тәкаппарлығы, адам баласына бас июге бас тартқаны, сол арқылы жаратушысы – Аллаға қарсы шыққаны үшін жұмақтан айдалып, ақырзаманға дейін жер бетінде жүріп, тозаққа кететіндіктен, Алланың кешірімінен үмітсіз шайтан ғана].*

**ҮМІТСІЗДЕН=** е т. *Үмітін үзу, сенімін жоғалту.*

**ҮМІТСІЗДІК** з а т. *Күдер үзгендік, сенбеушілік.*

**Үмітсіздік биледі.** *Сенімін жоғалтты, күдерін үзді.* **Үмітсіздікке салынды.** *Күдер үзе түңілді.*

**ҮМІТТӘЙІМ** с ы н. ж е р г. *Алдамшы, құ.*

**ҮМІТТЕН=** е т. **1.** *Белгілі бір уақиғаны болады деп күту, бір нәрсеге сену, дәмелену.* **2.** *Үміт күту, сенім арту.*

**ҮМІТТЕНДІР=** е т. *Дәмелендіру, сендіру.*

**ҮМІТТЕНДІРУ** *Үміттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮМІТТЕНУ** *Үміттен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮМІТТЕНІС=** е т. *Үміт етісу, дәме қылысу.*

**ҮМІТТЕНІСУ** *Үміттеніс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮМІТТЕС** с ы н. *Үміті, тілегі бір.*

**ҮМІТТІ** с ы н. *Белгілі бір нәрседен дәмелі.*

**ҮМІТ-ТІЛЕК** з а т. *Дәмелі арман, мақсат.*

**ҮМІТТІРЕК** с ы н. *Сенімі зорырақ, үміттілеу.*

**ҮМІТУАР** с ы н. е с к і к і т. *Үмітті, үміті бар, сенетін.*

**ҮМІТШІЛ** с ы н. *Үміт еткіш, дәмеленгіш.*

**ҮМІТШІЛДІК** з а т. *Дәмеленушілік, үміт күтушілік.*

**ҮН** з а т. **1.** *Құлаққа естілетін дыбыс; дауыс. // Сәбидің, нәрестенің іңгәләп жылаған дауыс.ы. // Мәшине, трактор т.б. жол көліктерінің оталғанда шығатын дауыс.ы; гүріл. // Қоңырау дауыс.ы, сылдыр, шырыл.* **2.** *Әуен, ән.* **3.** а у ы с. *Сөз, сөйленіс. // Музыкалық аспапты тартқанда, ойнағанда шығатын саз. // Ырғақ, әуез.* **4.** а у ы с. *Ұран.* **5.** а у ы с. *Құстардың сайрауы.* **6.** а у ы с. *Иттің үрген дауыс.ы, арсылы.*

**Үн берді.** *Хабарлады, үндеу тастады, тілек қосты, қостады.* **Үн жоқ.** *Тіл қатпады, бір ауыз сөз айтпады.* **Үн жоқ, түн жоқ.** *Ешбір дыбыс шығармастан; үнсіз-түнсіз, тым-тырыс.* **Үн көтерді.** *Ұран тастады, үндеу тастады, дабыл қақты.* **Үн қатпады**. *Тіс жармады, ләм-мим демеді.* **Үн қатты.** *Дыбыс берді, сөйледі, жауаптасты.* **Үн қосты.** а) *Жаңа бастаманы, жаңалықты қолдайтынын білдірді.* ә) а у ы с. *Бірге жыласты, бірге дауыс. шығарды.* **Үннен қалды**. *Сөзден қалды, үндемеді.* **Үн салды**. *Дауыс. шығарып жылады.* **Үн [дыбыс] шығармады [шығарған жоқ].** а) *Ләм-мим демеді, үндемеді, тіл қатпады.* ә) *Қың демеді, ауырсынбады; бәріне де төзді.* **Үн шығару.** *Бұл жерде ақын соңғы сөзін, ақтық тілегін айтты деген мағынада қолданған.* **Үні бітті.** а) *Даусы қарлығып, дыбысы шықпай қалды.* ә) *Сөйлеуден қалды, үндей алмады.* **Үні жер [көк] жарды.** *Атағы шартарапқа жайылды.* **Үні кетпеді**. *Сөзі, дауыс.ы ұнамды, жағымды деген мағынада.* **Үнін өшірді.** а) *Жағын қарыстырды, сөйлеуін қойды.* ә) *Мазалауын қойғызды.* б) *Жауды жойды, талқандады.* **Үнін шығарма.** *Жылатпа, дауыс.ын шығарма, аузын жап деген мағынада.* **Үніңді өшір!** к е й і с. *Даусыңды шығарма, сөйлеме.* **Үніңді [дыбысыңды] шығарма!** *Аузыңды жап, үніңді өшір деген мағынада айтылатын зеку.* **Үнің өшкір!** қ а р ғ ы с. *Дауыс.ың шықпай қалғыр!* **Үні [даусы] өңменінен өтті.** *Жанға батты, көңілді қалдырды.* **Үні өшті.** а) *Сөзден бөгелді, үндеуге шамасы келмеді.* ә) *Жойылды, құртылды, қиратылды.* **Үні шықпады.** а) *Сөз таба алмады, сөзден тосылды.* ә) *Көмексіз, мүсәпір болу мағынасында.* б) *Дыбысы шықпай қалды, тілі байланды.* **Үні шықты.** *Дыбысы естілді.*

**ҮНАЛҒЫ** з а т. ж а ң а. *Дауыс.ты қатты шығаратын құрал.*

**ҮНДЕ**[1]**=** е т. *Бірдеме деу, сөйлеу.*

**ҮНДЕ**[2]**=** е т. *Белгілі бір істі істеуге шақыру, жар салу.*

**ҮНДЕМЕ=** е т. **1.** *Еш нәрсе демеу, үн шығармау, ләм-мим демеу, сөйлемеу. // Тым-тырыс қалу, тыну.* **2.** *Дымын шығармау, үнін өшіру.* **3.** а у ы с. *Қарсы*

*дау айтпау, сөзге келмеу.* **4.** а у ы с . *Тоқтай тұр, сабыр ет, кейінірек деген мағынада*

**Үндемеген үйдей пәледен құтылады.** *Ешкімге тиіспей тыныш жүрген тиімді деген мағынада.* **Үндемей қоя салды.** *Шатақ шығармады, іштен тынды.*

**ҮНДЕМЕЙ-ТҮНДЕМЕЙ** ү с т . *Тіс жарып ештеме айтпастан.*

**ҮНДЕМЕС**[1] з а т . о й ы н . *Ойын кезінде үндемей, күлмей отыратын ұлттық ойын; тымпи.*

**ҮНДЕМЕС**[2] с ы н . *Аз сөйлейтін, сөзге әуестігі жоқ.*

**ҮНДЕМЕСТІК** з а т . *Көп сөйлемеушілік.*

**ҮНДЕС**[1] с ы н . *Мазмұндас, әуендес, сарындас.*

**ҮНДЕС**[2] с ы н . ж е р г . *Сырлас.*

**ҮНДЕС=** е т . **1.** *Үн қатысу, сөйлесу, тілдесу.* **2.** *Сәйкес келу, бір сарынды болу.*

**ҮНДЕСТІК** з а т . **1.** *Бірімен-бірі сәйкестік, үйлесімділік.* **2.** л и н г в . *Сөз ішіндегі, сөздердің аралығындағы буындармен дыбыстардың үйлесіп келуі.*

**Үндестік заңы.** л и н г в . *Сөз ішіндегі дауыс. тылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке болып әуендесіп (үндесіп) айтылуы; сингармонизм.* Үндестік заңы. л и н г в . *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына тән; сөздің жуан, бірыңғай жіңішке дыбыстармен айтылу сипаты, заңы.*

**ҮНДЕСТІР=** е т . *Сәйкестендіру, үйлестіру.*

**ҮНДЕСТІРУ** *Үндестір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮНДЕСУ** *Үндес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тілдесу, сөйлесу.* **2.** *Үйлесу, сәйкесу, бір сарынды болу.* **3.** л и н г в . *Сөз ішіндегі, сөздер аралығындағы дыбыстардың, буындардың үйлесуі, әуендесуі.*

**ҮНДЕСІМ** з а т . л и н г в . *Дыбыстардың әуендесіп айтылуы.*

**Үндесім заңы.** л и н г в . ***Үндестік заңы.***

**ҮНДЕТ=** е т . *Сөйлету, үн шығарту.*

**ҮНДЕТУ** *Үндет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮНДЕУ**[1] з а т . **1.** *Халықты белгілі бір іске жұмылдыру үшін жазылған ұран; шақыру.* **2.** ***Үндеухат.***

**ҮНДЕУ**[2] *Үнде*[1] *етістігінің қимыл атауы; бірдеме деу, сөйлеу.*

**ҮНДЕУ**[3] *Үнде*[2] *етістігінің қимыл атауы; белгілі бір істі істеуге шақыру.*

**ҮНДЕУХАТ** з а т . с а я с и . <лат. proclamatio> *Батыл қимылға, ереуіл, қарулы көтеріліске шақыратын, үгіттеу мәніндегі хат.*

**ҮНДЕУШІ** з а т . *Халықты белгілі бір іске жұмылдырушы.*

**ҮНДІ**[1] з а т . *Үндістанның негізгі халқы, индустар.*

**Үнді тілі**. *Үнді халқының ұлттық тілі.* **Үнді философиясы.** *Б.з.б. 4 ғасырда Үндістанда дүниеге келіп, қазіргі заманға дейін жалғасын тапқан әлем, адам және олардың қатынас формалары жайлы танымдық, әлеуметтік, ақылақтық, эстетикалық тұрғыдағы теориялық ілімдер жиынтығы.*

**ҮНДІ**[2] с ы н . **1.** *Үні, дауыс.ы бар.* **2.** *Дауыс.ы зор, күшті.*

**Үнді дауыссыздар.** л и н г . *Дауыс. пен салдырдан құралған, бірақ салдырдан гөрі дауыс. басымырақ р, л, м, н, ң дыбыстары.* **Үнді екпін.** л и н г в . *Дауыс. әуенімен, ырғағымен ерекшеленетін сөз екпіні; музыкалық екпін.*

**ҮНДІЕУРОПА: үндіеуропа тілдері.** л и н г в . *Еуразиядағы ең ірі тіл шоғырының бірі.*

**ҮНДІЕУРОПАЛЫҚТАР** з а т . *Еуропа халықтары.*

**ҮНДІК** з а т . с ө й л . *Көркей, асыранды үй құсы.*

**ҮНДІЛЕР** з а т . *Үнді мұхиты жағалауында, Оңтүстік Азияда орналасқан Үндістан елінің халқы.*

**ҮНДІЛЕУ** с ы н . *Үні басымдау, үндірек.*

**ҮНДІЛІК** з а т . *Дауыстың күштілігі, жоғарылығы.*

**ҮНДІРЕК** с ы н . *Үні басымырақ, күштірек.*

**ҮНДІС** з а т . с ө й л . ***Индус.***

**ҮНДІСШЕ** ү с т . *Үндіс тілінде.*

**ҮНДІШЕ** ү с т . *Үнді тілінде, үнді халқының дәстүрінше.*

**ҮНЕМ** з а т . **1.** *Шығындарды азайту, еңбектің өнімділігін арттыру арқылы қор жинау я құрау тәсілі.* **2.** *Құнттау арқылы құралған тамақ, қор, азық-түлік.*

**Үнем етті [қылды].** *Талшық етті, қорек қылды,ептеп-септеп жеткізді.* **Үнем режимі.** э к о н . *Нақты және заттанған еңбекті барынша сақтап, негұрлым тиімді қолдануға негізделіп құралған шаруашылықты жүргізу жүйесі; өндіріс тиімділігін арттырудың басты шарттарының бірі.*

**ҮНЕМДЕ=** е т . *Затты тиімді, ұқыпты пайдалану, үнемді жұмсау.*

**ҮНЕМДЕЛ=** е т . *Үнем жасалу, тиімді пайдаланылу, ысырап болмау.*

**ҮНЕМДЕЛУ** *Үнемдел етістігінің қимыл атауы; үнем жасалу, тиімді пайдаланылу.*

**ҮНЕМДЕУ** *Үнемде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮНЕМДІ** с ы н . **1.** *Тиімді, пайдалы.* **2.** п о э т . *Бұл жерде ақын жорға аттың жүйріктігін сипаттап отыр.*

**ҮНЕМДІЛІК** з а т . *Үнемді, тиімді болушылық.*

**ҮНЕМДІРЕК** с ы н . *Біршама үнемді.*

**ҮНЕМҚОР** с ы н . *Үнемдегіш, үнемшіл.*

**ҮНЕМСОЗАР** с ы н . *Жүріске берік, ұзақ жүріске шыдамды (ат).*

**ҮНЕМСІЗ** с ы н . *Пайдасы жоқ, тиімсіз.*

**ҮНЕМШІЛ** с ы н . *Ысырапқа жол бермейтін, ұқыпты.*

**ҮНЕМШІЛДІК** з а т . *Үнемдеу ісіне ұқыптылық, үнемшіл болушылық.*

**ҮНЕМІ** ү с т . *Әрқашан, әрдайым, ылғи, ұдайы.*

**ҮНЖАЗБА** з а т . ж а ң а . *Үнтаспаға жазылған дыбыстық материал.*

**ҮНЖАРИЯ** з а т . *Бұқаралық ақпарат құралдары.*

**ҮНКҮШЕЙТКІ** з а т . *Дыбысты қатты шығаратын құрал, микрофон.*

**ҮНҚАҒАЗ** з а т . *Белгілі бір шараға қатысуға шақыратын, жаппай қолға таратылатын қағаз.*

**ҮНҚАТЫСУ** з а т . *Екі немесе одан да көп адамдардың өзара жүргізген әңгімесі, диалог; келісім жүргізу, келісімшарт жасасу.*

**ҮНПАЗ** з а т . **1.** *Алға бастаушы көсем.* **2.** а у ы с . *Үнді құстарға қатысты айтылады.*

**ҮНПАЗДЫҚ** з а т . *Үнпаз болушылық.*

**ҮНПАРАҚ** з а т . *Саяси үгіт жүргізу немесе ақпараттық сипатта жазылған қағаздар; листовка.*

**ҮНСТЕТ** з а т . с ө й л . *Институт.*

**ҮНСІЗ** с ы н . **1.** *Дыбыс шығармай, дыбыссыз.* **2.** *Жым-жырт, ләм демей.* **3.** а у ы с . *Меңіреу (тыныштық).*

**Үнсіз қалды.** *Ештеңе айта алмай, дағдарып қалды.* **Үнсіз масалар.** з о о л . <лат. phlebotomidae> *Жәндіктер класының қосқанаттылар отрядының бір тұқымдасы.* **Үнсіз сөйлеу.** *Сөйлеу әрекетінің ерекше түрі.* **Үнсіз тұру.** *Белгілі бір қайғылы оқиғаны, қайтыс болған адамды еске алып, құрмет көрсету нышанымен 2–3 минут тым-тырыс тұру.*

**ҮНСІЗДІК** з а т . *Тым-тырыс болушылық, тыныштық.*

**ҮНСІЗ-ТҮНСІЗ** с ы н . **1.** *Ешбір дыбыс шығармай, үн-түнсіз.* **2.** *Ештеңе айтпастан.* **3.** а у ы с . *Мызғымастан, тып-тыныш.*

**ҮНТАБАҚ** з а т . *Патефон, радиола, магнитола сияқты дыбыс шығаратын аспаптарда ойнатылатын дыбыс, ән-күй жазылған табақ; пластинка.*

**ҮНТАСПА** з а т . ж а ң а . <франц. cassette> *Дыбыс немесе бейне жазбаларды сақтауға арналған магнит таспа.*

**ҮН-ТҮН: үн-түн жоқ**. *Ештеме айтпастан, еш нәрсе деместен.*

**ҮН-ТҮНСІЗ** с ы н . **1.** *Тіл қатпай, дыбыс шығармай.* **2.** *Айтпастан, ешкімге білдірмей.* **3.** *Тып-тыныш, меңіреу.*

**ҮН-ТІЛСІЗ** ү с т . *Ешбір сөз айтпай, үндемей, тіл қатпай.*

**ҮНСІЗ-ТІЛСІЗ** ү с т . *Ләм-мим деместен, тіл қатпай.*

**ҮНШЕҢ** с ы н . *Үнді, ашық үнді, ақ жарқын.*

**ҮНШІ** з а т . *Бір істің мәнін жеткізуші жаршысы.*

**ҮҢГУ** *Үңгі етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢГУБЕТ** з а т . г е о л . *Кен орнын жер асты әдісімен қазып алу барысында үңгіліп қопарылатын кен немесе бос таужыныстар беті.*

**Үңгубет қозғалтқышы.** к е н . *Үңғыманың түбіне тікелей орналасып, бұрғы ұшын (бұрғытәжді) айналдырып тұратын құбырбұрғы және электрбұрғы.* **Үңгубет реакциясы.** к е н . *Массивтің бұзу құралының өзіне енуіне жасайтын кедергі күші.*

**ҮҢГУІР** з а т . қ о л ө н е р . *Пышақтың бір түрі.*

**ҮҢГУІШ** с ы н . *Жерді үңгіп қазғыш, үңгірлегіш.*

**ҮҢГІ=** е т . **1.** *Бір жерді қуыстап қазу, үңгірлеу.* **2.** а у ы с . *Жегідей жеу, жанға бату.*

**Үңги жырту.** ауылшар. *Топырақты 40 см, тіпті одан да терең жырту.*

**ҮҢГІҚОҢЫЗ** з а т . з о о л . <лат. anobiidae> *Жәндіктер класының қаттықанаттылар отрядының тұқымдасы.*

**ҮҢГІЛ=** е т . **1.** *Қазылу, үңгірлену, ойылу.* **2.** а у ы с . *Те реңделу, қазбалану.*

**ҮҢГІЛЕ=** е т . *Қуыстау, үңгілеу, үңгу.*

**ҮҢГІЛЕУ** *Үңгіле етістігінің қимыл атауы.*

**Үңгілеу агрегаты.** г е о л . *Қазбаларды жүру кезінде барлық негізгі процестерді (үңгілеу, тиеу, тасымалдау, қазбаны шегендеу және т. б. жұмыстарды) орындайтын кен машинасы.* **Үңгілеу комбайны.** г е о л . *Кен қазбаларын жүру және сонымен қатар пайдалы қазылымдарды немесе таужыныстарды массивтен бөліп алудан бастап, оны вагоншыларға немесе конвейерге тиеумен аяқталатын негізгі жұмыстарды орындайтын күрделі кен қазу машинасы.* **Үңгілеу қалқасы.** г е о л . *Қазбаны таужыныстар қысымынан және олардың құлап түсуінен қорғайтын механикаландырылған жылжымалы шеген.* **Үңгілеу циклі.** г е о л . *Бірдей уақыт аралығы ішінде қайталанып орындалатын қазба жүру процестері мен операциялардың жиынтығы.*

**ҮҢГІР** з а т . **1.** *Таулы жерде кездесетін табиғи, я болмаса қолдан кеуектеп қазылған қуыс.* **2.** г е о л . *Жер бетімен бір немесе бірнеше жол арқылы байланыстарын жерасты қуысы.*

**ҮҢГІР-ҮҢГІР** с ы н . *Қуыс-қуыс.*

**ҮҢГІРДЕЙ** с ы н . *Үңгір сияқты терең ойық; қараңғы.*

**ҮҢГІРДЕЙІН** с ы н . ф о л ь к . ***Үңгірдей.***

**ҮҢГІРЛЕ=** е т . *Белгілі бір жерді үңгір етіп қазу; қуыстау.*

**ҮҢГІРЛЕН=** е т . *Үңгірге айналу, қуысталу.*

**ҮҢГІРЛЕНУ** *Үңгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢГІРЛЕУ**[1] *Үңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢГІРЛЕУ**[2] с ы н . *Ойықтау, шұңқырлау.*

**ҮҢГІР-МҰЗДЫҚ** з а т . г е о г р . *Суық үңгір, ауаның температурасы жыл бойы 0°С-тан градустан төмен болатын үңгірдің түрі.*

**ҮҢГІРШЕ** с ы н . *Кішігірім үңгір.*

**ҮҢГІТ=** е т . *Бір жерді қуыстап қаздыру, үңгірлету, ойықтау.*

**ҮҢІЛ=** е т . **1.** *Мұқият, шұқшия қарау.* **2.** а у ы с . *Зер салу, ден қою, көңіл бөлу.*

**ҮҢІЛГІШ** с ы н . *Жан-жағына зер салғыш, байқағыш.*

**ҮҢІЛДІР=** е т . *Шұқшиту, көңіл бөлдіру, назар аудару.*

**ҮҢІЛДІРУ** *Үңілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢІЛТ=** е т . *Мұқият қарату, ден қойғызу, зер салғызу.* Шығ.).

**ҮҢІЛТУ** *Үңілт етістігінің қимыл атауы*

**ҮҢІЛУ** *Үңіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шұқшия қарау.* **2.** а у ы с . *Зер салу, ден қою.*

**ҮҢІЛІҢКІРЕ=** е т . *Үңіле түсу.*

**ҮҢІЛІС=** е т . *Шұқшия қарасу, ден қойысу.*

**ҮҢІЛІСУ** *Үңіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢІРЕЙ=** ет. **1.** *Ойылу, үңгірлену.* **2.** *Ойыңқы келу, ішке қарай сәл тартылу, шұңқи рею.* **3.** ауыс. *Кему, азаю, ойсырау, орны толмау.*

**ҮҢІРЕЙТ=** ет. **1.** *Ойылту, үңгірлеу.* **2.** ауыс. *Ойсырату, орнын жоқтату.*

**ҮҢІРЕЙТУ** *Үңірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢІРЕК**[1] сын. *Көздік пен ұрттың ішке тартып шұңірейіп тұруы.*

**ҮҢІРЕК**[2] зат. жерг. *Іш ауруы.*

**ҮҢІРЕККӨЗ** зат. *Жұқпалы ауру түрі.*

**ҮҢІРЕҢДЕ=** ет. *Телміріп ашқарақтану, сұғанақтану.*

**ҮҢІРЕҢДЕУ** *Үңіреңде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҢІТ** зат. жерг. *Жолы, жайы.*

**ҮП**[1] зат. көне. *Зат, дүние, мүлік, жасау.*

**ҮП**[2] елік. *Ауызбен үрлегендегі немесе желдің лебіне ұқсас қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Үп десең ұшып кетеді.** *Қаңбақтай жеңіл.* **Үп еткен жел жоқ.** *Тымырсық, желсіз.*

**ҮПӘД** сын. ескікіт. *Аса, зор.*

**ҮПЕК**[1] зат. *Малдағы жыныс мүшесі ауруы.*

**ҮПЕК**[2] зат. жерг. *Қырсық, кедергі.*

**ҮПЕК-ТАПЫҚ** сын. жерг. *Жетімсіз, жетержетпес.*

**ҮПЕЛЕК** зат. *Қамыстың (т.б. кейбір өсімдіктердің) үлпілдеген шашағы.*

**ҮПЕЛЕКТЕ=** ет. *Үпелек-үпелек болу.*

**ҮПЕЛЕКТЕН=** ет. *Үпелек басу.*

**ҮПТЕ=** ет. *Түк қалдырмай ұрлап кету, тонау.*

**Үптеп кетті.** *Дым қалдырмай сыпырып әкетті, тонады, ұры түсті.*

**ҮПТЕЛ=** ет. *Тоналу, ұрлану, ұры түсу.*

**ҮПТЕЛУ** *Үптел етістігінің қимыл атауы.*

**ҮПТЕУ** *Үпте етістігінің қимыл атауы; тонау, ұрлық жасау.*

**ҮПТІ** сын. *Дүние-мүлікті, жасаулы.*

**ҮП-ҮЛКЕН** сын. *Әжептәуір үлкен.*

**ҮПІЛЕ=** ет. **1.** *Үп-үп деп үрлеу.* **2.** ауыс. *Аялау, мәпелеу.*

**ҮПІЛЕУ** *Үпіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮПІЛМӘЛІК** зат. өс. <ricinus communis> *Салалы, ірі жапырақты, шоқ гүлді, жылы жақта өсетін, көпжылдық техникалық өсімдік.*

**ҮПІР=** ет. жерг. ***Үрле.***

**ҮПІРЛІ-ШҮПІРЛІ** сын. *Үпір-шүпір болған.*

**ҮПІР-ШҮПІР** сын. сөйл. ***Үрпе-шүрпе.***

**ҮПІ-ТӘПІ** үст. *Зорға, әрең.*

**ҮР**[1]**=** ет. *Ерінді қомақтап, «ұф» деп, ауыздан күшті дем шығару, үрлеу.*

**Үрген қарындай [қуықтай].** *Өте семіз, домаланған, тырсиған (адам).* **Үрген қарын секілді.** *Керіліп, кербезденіп, дандайсып қалу мағынасында.* **Үрген қуықтай.** *Торсиған, бұлтиған; торсықтай.* **Үрген местей [тұлыптай].** *Тырсиған, жуан, семіз.* **Үрген өкпе.** саят. *Құсты жемтік ретінде алдаусырататын ішіне ауа толтырылған өкпе; боз өкпе.* Үрерге иті, сығарға биті [түгі] жоқ. *Ішерге асы, киерге киімі болмады.* **Үріп ауызға салғандай.** *Сүп-сүйкімді, өте әдемі.* **Үріп ішіп, шайқап төкті.** *Өмірі молшылықта, тоқшылықта өтті.*

**ҮР**[2]**=** ет. **1.** *Иттің абалап шәуілдеуі, арсылдауы.* **2.** ауыс. *Аузына келгенді сөйлеп, балағаттау.* **3.** ауыс. *Біреудің сыртынан сөйлеу, күндеу.*

**Үрерге иті жоқ.** *Түгі жоқ, кедей.* **Үрерге иті, сығарға биті жоқ.** *Тақыр кедей.*

**ҮР**[3]**: үр жаңа.** *Су жаңа, жап-жаңа.*

**ҮР**[4] зат. жерг. *Торап.*

**ҮР**[5] зат. ***Үр қызы.***

**Үр қызы.** *Хордың, періштенің сұлу қызы.*

**ҮРБІ** зат. *Үлпа, үлпілдек.*

**ҮРГЕДЕК**[1] зат. бот. сөйл. ***Бақ-бақ***

**ҮРГЕДЕК**[2] сын. жерг. сөйл. ***Үркек.***

**ҮРГЕДЕКТЕН=** ет. *Үрейлену, үрку, қорқақтау.*

**ҮРГЕДЕКТІК** зат. *Үркектік, қорқақтық.*

**ҮРГЕЛЕК** сын. жерг. *Қорқақ, үркек, секемшіл.*

**ҮРГЕЛЕКТЕ=** ет. *Қорқу, үрку, жасқаншақтау.*

**ҮРГЕЛЕКТЕН=** ет. *Үркектену, жасқаншақтану, қорқу.*

**ҮРГЕЛЕКТЕНУ** *Үргелектен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРГЕЛЕКТЕУ** *Үргелекте етістігінің қимыл атауы; үркектеу, қорқу.*

**ҮРГЕЛЕКТІК** зат. *Қорқақтық, шошынғыштық.*

**ҮРГІЗ=** ет. **1.** *Итті шабаландыру, тыйым салмау.* **2.** ауыс. *Аузына келгенін сөйлеттіру.*

**ҮРГІЗУ** *Үргіз етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРГІЛЕ=** ет. *Қайта-қайта үрлей беру, үрлей түсу.*

**ҮРГІЛЕУ** *Үргіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРГІН** зат. сөйл. ***Үрінді.***

**ҮРГІН-СҮРГІН** зат. *Қуғын-сүргін, әуре-сарсаң.*

**ҮРГІШ** сын. *Үріп тұратын, үреген.*

**ҮРГІШТЕ**[1]**=** ет. *Қайта-қайта үрлеу.*

**ҮРГІШТЕ**[2]**=** ет. *Иттің қайта-қайта үру, әлсін-әлсін үруі.*

**ҮРДЕ** зат. жерг. ***Мүдде.***

**ҮРДЕСІН** сын. жерг. *Қардың тау болып үйілуі.*

**ҮРДІР=** ет. **1.** *Итті абалату, шабаландыру.* **2.** ауыс. *Аузына келгенін сөйлету.*

**ҮРДІРУ** *Үрдір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРДІС**[1] зат. жерг. **1.** *Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дағды.* **2.** ауыс. *Өнер, кәсіп.*

**ҮРДІС**[2] зат. <нем. Tendenz> *Іс-әрекет, дамудың беталысы; тенденция.*

**Үрдіс алды.** *Үрдіске айналды, етек алды.*

**ҮРДІС**[3] сын. **1.** *Екпіні күшті, қарқынды; қауырт.* **2.** *Тез, жылдам, шапшаң; кенет, оқыс.* **3.** *Үздіксіз, тоқтаусыз, тынбай.*

**Үрдіс жүрді.** *Тез, шапшаң жүрді.*

**ҮРДІСТЕУ** сын. *Екпінділеу, қарқындылау, күштілеу.*

**ҮРДІСТІ** сын. жерг. *Дәстүрлі, дағдылы.*

**ҮРДІСТІЛІК** зат. *Үрдісті болушылық, дәстүрлілік.*

**ҮРЕГЕН** сын. *Көп үретін, үргіш (ит).*

**ҮРЕЙ**[1] зат. **1.** *Зәре, құт, қорқыныш.* **2.** психол. <грек. panion>. *Жалған немесе шындық қауіптерден жаппай үрейлену.*

**Үрейге батырды.** *Қорқытты, шошытты, үрейлендірді.* **Үрей биледі.** *Қорқыныш ұялады, құты қашты, үрейленді.* **Үрей кеуледі.** *Қорқыныш кірді, жатқызбады, маза бермеді.* **Үрей кірді.** *Қорқыныш ұялады.* **Үрей салды.** *Үрей туғызды.* **Үрей туғызды.** *Қорқытты, шошындырды.* **Үрейі жоғалды.** *Қорықпады.* **Үрейі қашты.** *Зәресі кетті, қорықты.* **Үрейін алды.** *Зәресін алды, үрейлендірді; қорқытты.* **Үрейі ұшты.** *Зәре-құты қалмады, қатты қорықты.* **Үрейі шапшыды.** *Үрейленді, үрейі ұшты.*

**ҮРЕЙ**[2] зат. *Құр сүлдер, сырт бейне.*

**ҮРЕЙЛЕН=** ет. *Зәресі ұшу, қорқу.*

**ҮРЕЙЛЕНДІР=** ет. *Қорқыту, үрейін ұшыру.*

**ҮРЕЙЛЕНДІРУ** *Үрейлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРЕЙЛЕНУ** *Үрейлен етістігінің қимыл атауы; зәресі ұшу, қорқу.*

**ҮРЕЙЛЕНУШІ** зат. *Зәре-құты қашып қорқатын адам.*

**ҮРЕЙЛЕНУШІЛІК** зат. *Зәре-құты қалмаушылық, қорқушылық.*

**ҮРЕЙЛЕНІҢКІРЕ=** ет. *Үрейлене бастау; аздап қорқыңқырау.*

**ҮРЕЙЛЕНІҢКІРЕУ** *Үрейленіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРЕЙЛЕНІС=** ет. *Қорқу, үрейлері ұшысу.*

**ҮРЕЙЛЕНІСУ** *Үрейленіс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРЕЙЛІ** сын. *Адамның зәре-құтын аларлық, қорқынышты.*

**ҮРЕЙСІЗ** сын. *Қорқынышсыз, алаңсыз.*

**ҮРЕЙШІЛ** сын. *Сужүрек, қорқақ.*

**ҮРЕЙШІЛДЕУ** сын. *Жүрексіздеу, қорқақ.*

**ҮРЕЙШІЛДІК** зат. *Қорқақтық, жүрексіздік.*

**ҮРЕЛЕ=** ет. жерг. *Берекесі кетіру, үрейін алу.*

**ҮРЕНДЕ** зат. *Ит-құс.*

**ҮРЕСІН: үресін қар.** *Жел айдап келіп үйіп тастаған күртік қар.*

**ҮРЕТ** сын. жерг. *Терең, жарлауыт.*

**ҮРЗАДА** сын. **1.** *Әдемі, сұлу.* **2.** ауыс. *Ашық жарқын, мейірбан.*

**ҮРИТ: үрит соқ-соқ [соқтады].** а) *Сүзіскен қошқарларды, текелерді онан әрі өшіктіре түсу үшін айтылатын ишарат сөз.* ә) *Екі адамның арасына от жақты, жанжалға итермеледі.*

**ҮРК=** ет. сөйл. ***Үрік.***

**Үрке қарады.** *Қорықты, сескенді.*

**ҮРКЕК** сын. **1.** *Кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш (мал).* **2.** ауыс. *Қорқақ, батыл емес (адам).*

**Үркек түйе.** *Бота кезінде қолға жөнді үйретілмей, бас білдіру кезінде ит қуып, бас үйретушіні жығып, нашар үйретілген будан ұрпағының атауы.*

**ҮРКЕКТЕ=** ет. **1.** *Қайта-қайта үрку.* **2.** ауыс. *Қорқақтау, үрейлену, шошыну.* **3.** ауыс. *Бойын аулақ салу, жатырқау.*

**ҮРКЕКТЕН=** ет. *Үркек болу, қорқақтану.*

**ҮРКЕКТЕНУ** *Үркектен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРКЕКТЕТ=** ет. *Қорқыту, үркіту.*

**ҮРКЕКТЕУ**[1] сын. *Үрке беретін, шошынғыш, қорқақтау.*

**ҮРКЕКТЕУ**[2] *Үркекте етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРКЕКТІК** зат. *Үрке берetіндік, үріккіштік, қорқақтық.*

**ҮРКЕППЕ** сын. ***Үркөппе** (бөспе, лепірме).*

**ҮРКЕППЕЛЕУ** сын. *Үркөппелеу, бөспелеу.*

**ҮРКЕР** зат. астр. <грек. pleiades> *Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры.*

**Үркер [төбеден] ауды.** *Қыс ортасынан өтті.* **Үркерге маңдайын берді.** *Үркерді бетке алды.* **Үркер жамбасқа түсті.** этн. *Күн мен түн теңеліп, күн жылынып, көктемнің басталған шағы.* **Үркер жерге түсті.** этн. *Үркер көкжиектен көрінбей кетті [Үркер тасқа батса құрғақшылық, суға батса жаз жаңбырлы, жерге батса жаз ыстық болады].*

**ҮРКЕРГҮЛ** зат. қолөнер. *Кесте тіккенде, күміс бедерлегенде топ жұлдызшалардан құралған ұсақ өрнек.*

**ҮРКЕРДЕЙ** сын. *Бір жерге топтанған, аз-кем топтанған, шоғырланған.*

**Үркердей иірді.** *Шып-шырғасын шығармай, үйірімен айдап келді.*

**ҮРКЕРШЕ** үст. *Үркерге ұқсап.*

**ҮРКЕСОҚ** үст. *Шеткері, оқшау, бөлек.*

**ҮРКЕСОҚТА=** ет. *Үрке қарап шеткері жүру, бөлектену.*

**ҮРКУ** *Үрк етістігінің қимыл атауы; қорқу, шошу, зәресі ұшу.*

**ҮРКІН** зат. *Жаудан үріккен, зорлық-зомбылық көріп қаша көшкен ел.*

**Үркін ел.** көне. *Тыныштығы кетіп, жер ауған ел.* **Үркін көш.** *Үркіп, қорқып қашқан көш.*

**ҮРКІН=** ет. *Шошыну, қорқу, үркектеу.*

**ҮРКІНДІ** зат. сөйл. ***Үркіншілік.***

**ҮРКІН-ҚОРҚЫН** сын. *Үріккен, қорыққан.*

**ҮРКІНУ** *Үркін етістігінің қимыл атауы; шошыну, қорқу.*

**ҮРКІНШІЛІК** зат. *Қуғын-сүргінге, үркінге ұшыраған күй, жай.*

**ҮРКІНІШ** зат. сөйл. ***Үркіншілік.***

**ҮРКІНІШТІ** сын. сөйл. *Қорқынышты, үрейлі.*

**ҮРКІҢКІ** сын. *Адам шошырлықтай, қорқынышты, үрейлі.*

**ҮРКІҢКІРЕ=** ет. *Аздап шошыныс байқату.*

**ҮРКІС=** ет. **1.** *Малдың бір нәрседен қорқып қашуы, жаппай үркектеуі.* **2.** *Шошынысу, зәре-құттары қашу.*

**ҮРКІСУ** *Үркіс етістігінің қимыл атауы.*

**ҮРКІТ=** ет. **1.** *Малға, жан-жануарға тосыннан тиіп шошындыру.* **2.** ауыс. *Қорқыту, үрейін алу.*

**ҮРКІТТІР=** ет. *Қорқыттыру, үрейін алғызу.*
**ҮРКІТТІРУ** *Үркіттір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРКІТУ** *Үркіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды, ит-құсты шошыту.* **2.** ауыс. *Қорқыту, үрейін алу, қашыру, бездіру.*
**ҮРКІТУШІ** зат. *Үркіткен, үркітетін адам.*
**ҮРКІТШІЛІК** зат. жерг. *Үргін-сүргін, дүрбелең, шабыншылық.*
**ҮРКІТІЛ=** ет. *Қорқытылу, шошытылу.*
**ҮРКІТІЛУ** *Үркітіл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРЛЕ=** ет. *Екі ұртты желге толтырып, ауыздан қайта-қайта дем шығару, дүркін-дүркін үру.* **2.** *Отты үріп тұтандыру.*
**Үрлеп ішіп, шайқап төкті.** *Не ішіп, не жеймін демей, молшылықта өмір сүрді.*
**ҮРЛЕМЕ** сын. сөйл. ***Үрмелі.***
**ҮРЛЕМЕЛЕ=** ет. *Қайта-қайта үрлеу.*
**ҮРЛЕМЕЛЕУ** *Үрлемелеу етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРЛЕМЕЛІ** сын. сөйл. ***Үрмелі.***
**Үрлемелі оркестр.** муз. *Үскірік, тастауық, сырнай т.б. үріп тартылатын музыкалық аспаптардан құрылған оркестр.*
**ҮРЛЕН=** ет. *Ауа толтырылу, үрілу.*
**ҮРЛЕНУ** *Үрлен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРЛЕС=** ет. *Бірге үрлеу, үрісу.*
**ҮРЛЕСУ** *Үрлес етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРЛЕСІН** сын. сөйл. ***Үрінді.***
**ҮРЛЕТ=** ет. *Ауа толтырту, үргізу.*
**ҮРЛЕТУ** *Үрлет етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРЛЕУ[1]** зат. *Көзіне ақ түскенді емдейтін магиялық-мистикалық дәстүрлі емдеу тәсілі.*
**ҮРЛЕУ[2]** *Үрле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үпіру, үру.* **2.** ауыс. *Демеу, сүйеу.*
**ҮРЛЕУЛІ** сын. *Үрлеп қойған, үрленген, ауа толтырылған.*
**ҮРЛЕУІШ: үрлеуіш мәшине.** *Ауа үрлеп тұратын мәшине.*
**ҮРЛІК** зат. жерг. *Мәтке; үйдің төбесіндегі жуан ағаш.*
**ҮРМЕ** сын. *Үріп тұратын, еспе (жел, құм).*
**Үрме қар.** *Жел үрлеп, тығыздап тастаған қар.*
**ҮРМЕБҰРШАҚ** зат. бот. <лат. phaseolus> *Гүлі ірі, қос жарнақты бұршақ тұқымдас біржылдық дәнді дақыл.*
**ҮРМЕК-ДҮРМЕК** үст. *Тобымен, тегіс.*
**ҮРМЕЛЕ=** ет. *Қайта-қайта үру, үрлеу.*
**ҮРМЕЛЕУ** *Үрмеле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРМЕЛІ** сын. **1.** *Ауызбен үріп ойнайтын.* **2.** *Ішіне жел толтырылған.*
**Үрмелі қайық.** *Үрмелі эластик корпусты шағын ескелі қайық.* **Үрмелі оркестр.** муз. *Құрамы негізінен үрмелі аспаптардан құралған оркестр.*
**ҮРМЕТ** зат. жерг. *Құрмет.*
**ҮРПЕЙ=** ет. сөйл. ***Үрпи*** *(түршігу, үрейлену).*
**ҮРПЕЙІС=** ет. *Үрейленісу, қорқу.*
**ҮРПЕЙІСУ** *Үрпейіс етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРПЕЙІСІҢКІРЕ=** ет. *Аздап үрпейісу.*
**ҮРПЕК[1]** зат. жерг. *Шөбі қалың өскен дөң жер.*
**ҮРПЕК[2]** сын. **1.** *Жаңа өсе бастаған (түк, жүн).* **2.** *Үрпиген, үйпа-түйпа (шаш).*
**Үрпек бас [үрпек бас шақ].** *Таңның әлі жарық түспеген, елең-алаң кезі.*
**ҮРПЕКТЕУ** сын. *Шашы тікірейген, үрпиген.*
**ҮРПЕТ** зат. жерг. ***Тұрпат.***
**ҮРПЕ-ТҮРПЕ** сын. *Қобырап кеткен, дудар-дудар.*
**Үрпе-түрпе[сі] шықты [болды].** *Үйқы-түйқысы шықты, үйпа-түйпа болды.*
**ҮРПЕ-ШҮРПЕ** сын. ***Үйелмелі-сүйелмелі.***
**ҮРПИ=** ет. **1.** *Үйпа-түйпасы шығу, додалану.* **2.** ауыс. *Суыққа тоңу, дірдектеу, қалтырау.* **3.** ауыс. *Бір нәрседен үрейлену, қорқу, шошу.*
**Үрпиген [үріккен] балапандай.** *Қатты қорыққан.*
**ҮРПИТ=** ет. **1.** *Үйпа-түйпасын шығару, додаландыру.* **2.** *Жүнін күжірейту.* **3.** ауыс. *Қорқыту, шошыту, үрейлендіру.*
**ҮРПИТУ** *Үрпит етістігінің қимыл атауы; жүнін күжірейту.*
**ҮРПИІС=** ет. **1.** *Арқа жүндерін күжірейтісу.* **2.** ауыс. *Жаппай қорқу, үрейленісу.*
**ҮРПИІСУ** *Үрпиіс етістігінің қимыл атауы; жаппай қорқу, үрку.*
**ҮРПИЮ** *Үрпи етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРПИЯ** зат. зоол. ***Жарқанат.***
**ҮРПІ** зат. <лат. papilla mamma> **1.** *Емшектің сүт шығатын ұшы.* **2.** *Еркектің жыныс мүшесіндегі несеп жүретін түтік.*
**ҮРПІКТЕН=** ет. *Өсімдік басының жемісі піскен кезде белгі беріп толысып, үрпекбастануы.*
**ҮРПІЛЕН=** ет. *Сүті қайту.*
**ҮРПІ-МӘРДА** зат. жерг. *Белгілі бір аймақтың шұғылданатын негізгі кәсібі, күнкөрісі.*
**ҮРПІ-ТҮРПІ** сын. сөйл. ***Үрпе-түрпе.***
**ҮРТ** үст. *Бірден, тез, кілт.*
**ҮРТУ** сын. *Ұялшақ.*
**ҮРТІК** зат. жерг. *Жабу.*
**ҮРТІС** үст. *Шұғыл, жылдам.*
**ҮРУ[1]** *Үр[1] етістігінің қимыл атауы; ауыздан күшті дем шығару, үрлеу.*
**ҮРУ[2]** *Үр[2] етістігінің қимыл атауы; иттің абалап шәуілдеуі, арсылдауы.*
**ҮРІК=** ет. **1.** *Малдың бір нәрседен қорқып қашуы, жалт беруі.* **2.** ауыс. *Зәресі ұшу, қорқу.* **3.** ауыс. *Тосырқау, жатырқау.* **4.** ауыс. *Жаудан қаша көшу.*
**Үріккен қойдай.** *Жау тигендей, қасқыр шапқандай.* **Үріккен қойдай қамалды.** *Үйме-жүйме болды, топтана опыр-топыр болды.* **Үріккен тананың көзіндей.** *Үлкен, бадырақ көз.* **Үріккен түйе [қой] көзденді.** *Қорқып ежірейе қарады, алақтады.* **Үріккен түйеше [лақ, текеше] едіреңдеді.** *Жан-жағына үрке қарады, елеңдеді.*
**ҮРІЛ=** ет. *Жел берілу, ауа толтырылу.*
**ҮРІЛДІРІК** зат. жерг. *Қамыстың басындағы үпелек, үлпілдек.*
**ҮРІЛУ** *Үріл етістігінің қимыл атауы.*
**ҮРІМ[1]** зат. *Өсіп тұрған өсімдіктің (ағаштың) шыбық ұшындағы соңғы бүршігі.*
**ҮРІМ[2]** зат. *Аталық үрпақ.*
**ҮРІМ[3]** сын. жерг. *Кесек, бүтін, түгел.*
**ҮРІМДІ: үрімді мылтық.** этн. көне. *Бағалы Рим (Византия) мылтығы.*
**ҮРІМ** зат. *Шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.*
**ҮРІМ-БҰТАҚ** зат. *Бір атадан тараған бала-шаға, үрпақ.*
**ҮРІМДЕЙ[1]** үст. жерг. *Уақтап турамай, кесектей, бүтіндей.*
**ҮРІМДЕЙ[2]** сын. сөйл. *Өрімдей, жап-жас.*
**ҮРІМПАР** зат. қолөнер. *Зергер көріктің шоққа жел үрлейтін аузы, көріктің желдеткіші.*
**ҮРІНДІ** сын. *Үріп әкеп тығып тастаған (қар); үрлесін, үргін.*
**ҮРІПТЕС** сын. жерг. *Аталас, ағайын, туысқан, емшектес.*
**ҮРІС** зат. *Иттің үруі.*
**ҮРІТ** зат. *Ойрат руларының атауы.*
**ҮРІШПАР** зат. қолөнер. *Көріктің желдеткіші.*
**ҮС=** ет. *Қатты суықтан тоңып қалу, мұздай болып қату.*
**ҮСКЕНЕ** зат. жерг. *Баспана, үй-жай.*
**ҮСЕНШІК** зат. кәс. *Балға, біз, тістеуік сияқты саймандарды салып қоятын тері қапшық.*
**ҮСКІ** зат. қолөнер. *Ағашты, былғарыны т.б. тесетін іші қуыс біз.*
**ҮСКІДЕЙ** сын. **1.** *Үскі сияқты.* **2.** ауыс. *Төте, тік, тура.*
**ҮСКІЛЕ=** ет. *Үскімен тесу.*
**ҮСКІЛЕН=** ет. **1.** *Үскімен тесілу.* **2.** ауыс. *Шыңдалу, жақсартылу.*
**ҮСКІЛЕНУ** *Үскілен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСКІЛЕУ** *Үскіле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСКІН** зат. жерг. *Мүсәпір, бейшара.*
**ҮСКІР=** ет. *Жел қатты соғу, борау, азынау.*
**ҮСКІРУ** *Үскір етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСКІРІК[1]** зат. *Бет қаратпайтын суық жел, аяз.*
**Үскірік аяз.** *Боранды, желді аяз.* **Үскірік боран.** *Құрғақ, суық боран.* **Үскірік жел.** *Екпіні қатты аса суық күзгі жел.*
**ҮСКІРІК[2]** зат. муз. *Үріп ойналатын музыкалық аспап.*
**ҮСКІРІКТІ** сын. *Ызғары қатты, суығы бар (жел).*
**ҮСКІРІН=** ет. *Боран соғу.*
**ҮСКІРІНУ** *Үскірін етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСПЕ** зат. жерг. *Көзі бітеліп қалған құдық.*
**ҮСТЕ=** ет. *Бір нәрсенің үстіне тағы қосу, еселеу.*
**Үстеп қоректендіру [азықтандыру].** *Негізгі қоректің үстіне минералды тыңайтқыш қосуы.*
**ҮСТЕЛ** [ор. стол] зат. *Ағаштан т.б. заттан жасалып, тамақ ішуге, жазу жазуға арналған төрт аяқты, үсті тегіс үй жиһазы.*
**ҮСТЕЛ=** ет. *Қосылу, үстеме жасалу.*
**ҮСТЕЛЕ=** ет. *Қосымшалау, қосарлау.*
**ҮСТЕЛЕУ** *Үстеле етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСТЕЛУ** *Үстел етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСТЕЛҮСТІЛІК** сын. *Үнемі үстел үстінде тұратын, үстелге қоюға арналған.*
**Үстелүстілік кітап.** *Үнемі пайдалануға қажетті кітап.* **Үстелүстілік сағат.** *Үстел үстіне қоюға арналған сағат.*
**ҮСТЕМ** үст. *Өктем, басым.*
**Үстем болды.** *Басым түсті, өзіне қаратты.* **Үстем санады.** *Артық көрді.*
**ҮСТЕМАҚЫ** зат. *Есептелген мөлшерден тыс берілетін артық ақша, төлем.*
**ҮСТЕМДЕГІШ** зат. кен. <лат. ligatuta> *Металлургияда балқыған металға қажетті элементтерді қосу үшін қолданылатын қосалқы қоспалар.*
**ҮСТЕМДІК** зат. *Басымдық, күштілік, қожалық.*
**Үстемдік алды.** *Басымдыққа ие болды.* **Үстемдік етті [құрды].** *Билеп-төстеді, күштілік көрсетті.*
**ҮСТЕМДІЛІК** зат. *Үстем болушылық, өктемділік.*
**ҮСТЕМЕ** сын. *Қосымша, қосалқы. // Қосымша, қосалқы төленетін ақша.*
**Үстеме баға.** а) *Өз бағасынан артық қойылған баға.* ә) экон. *Тауардың өзіндік бағасының үстінен қосылатын қаражат, құн.* **Үстеме шығын.** экон. *Өндірісті ұйымдастырумен, басқарумен, оған қызмет көрсетумен байланысты шығын.*
**ҮСТЕМЕЛЕ=** ет. *Бірдеменің үстіне тағы қосу, еселеу.*
**ҮСТЕМЕЛЕН=** ет. *Еселену, қосылу.*
**ҮСТЕМЕЛЕНУ** *Үстемелен етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСТЕМЕЛЕТ=** ет. **1.** *Еселету, қосу.* **2.** ауыс. *Үдету, бастырмалату, күшейту.*
**ҮСТЕМЕЛЕТУ** *Үстемелет етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСТЕМЕЛЕУ** *Үстемеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қосу, еселеу.* **2.** әдеб. <лат. gradatio> *Алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден соңғы лебіздің, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылыстың қуат-тегеурінінің асып түсіп отыруы.*
**ҮСТЕМЕЛІ** үст. *Қосалқы, қосымша.*
**ҮСТЕМСУ** *Үстемсі етістігінің қимыл атауы.*
**ҮСТЕМСІ=** ет. *Көкірегін керіп күштісіну, басымсыну.*
**ҮСТЕМТАП** тар. *Қазан төңкерісіне дейін қоғамда әмірін жүргізіп, билеп келген қанаушы тап.*
**ҮСТЕМШІЛ** сын. *Біреуге үстемдік етуші, зорлықшыл.*

**ҮСТЕМШІЛДІК** зат. *Үстем болушылық, зорлықшылдық, озбырлық.*

**ҮСТЕМШІЛІК** зат. *Үстемдік, билік жүргізушілік.*

**ҮСТЕМІРЕК** сын. *Үстемдеу, басымырақ, күштірек.*

**ҮСТЕУ**[1] зат. *Бір нәрсенің үстіне қосылған үстеме, қосымша зат (мал, ақша).*

**ҮСТЕУ**[2] зат. лингв. *Сөйлемде түрленбей-ақ мекен, мезгіл, сын-сипат мәнін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқаратын сөз табы.*

**ҮСТЕУЛЕН**[1]**=** ет. *Үстелу, еселену.*

**ҮСТЕУЛЕН**[2]**=** ет. лингв. *Үстеуге айналу, адвербиалдану.*

**ҮСТІ**[2] көмекші сөз. **1.** *Бір заттың астына қарама-қарсы жағы, үстіңгі беті, жоғарғы жағы.* **2.** *Адамның үсті-басы, тұла-бойы; дене.* **3.** *Уақығаның дәл мезгілі, болып жатқан уақыты.*

**Үстінде [бүтін, тәуір] киімі жоқ.** *Дұрыс киімі жоқ, үсті-басы жыртық-жыртық, алба-жұлбасы шыққан.* **Үстіне [бетіне] шыбын қондырмайды.** *Үстіне шаң жуытпайды, мәпелеп күтеді.* **Үстіне жапсырды.** *Бар тапқан-таянғанын аямады, киінді, киім әперді, киіндірді.* **Үстіне жығылды.** *Үстіне құшақтай құлады.* **Үстіне қона кетті [түсті].** *Қарғып мінді, бүркітше бүрді.* **Үстінен қара дауыл қаптады [соқты].** поэт. *Қиын-қыстау кезеңге тап болды, қиын заман басына түсті.* **Үстінен қарады.** *Бәрінен жоғары билік етті.* **Үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртті.** *Ізін бақты, қуғынға ұшыратты.* **Үстінен суық су құйып жібергендей болды.** *Тұла бойы түршікті.* **Үстінен түсті.** а) *Уақиғаның нақ болып жатқан мезгіліне тап болды.* ә) *Біреудің ойындағысын тапты, ойынан шықты.* **Үстінен [маңайынан] шыбын ұшырмайды.** *Мәпелеп күтеді, әлпештейді.* **Үстінен шықты.** *Бір нәрсенің куәсі болды, көзімен көрді.*

**ҮСТІ-БАСЫ** зат. **1.** *Жеке адамның киім киісі, дене тазалығы, сырт келбеті.* **2.** сөйл. *Заттың сырты.*

**Үсті-басы малмандай [су].** *Өне-бойы әбден су болған, суға малшынған.*

**ҮСТІК** зат. *Ағаш ұстасының үстіріктейтін құралы.*

**ҮСТІЛІК** зат. мед. *Сыртқы анестезия.*

**ҮСТІН**[1] сын. *Үстем, ерен, бекем.*

**ҮСТІН**[2] зат. жерг. *Үйдің діңгегі, тіреу.*

**ҮСТІМІЗДЕГІ** үст. ресми. *Қазіргі, ағымдағы.*

**Үстіміздегі жыл.** *Осы жыл.*

**ҮСТІНДЕ** үст. *Бір нәрсенің жоғарғы жағында, үстіңгі жағында.*

**ҮСТІНДЕГІ** үст. *Үсті-басындағы, бойындағы.*

**Үстіндегі үй.** окказ. *Басындағы үй, баспана.*

**ҮСТІНЕ** үст. **1.** *Сырт киім ретінде.* **2.** *Қосымша үстеме ретінде.*

**ҮСТІНЕН**[1] үст. *Сыртынан, адамның өзі жоқ жерде.*

**ҮСТІНЕН**[2] шыл. жерг. *Арқылы.*

**ҮСТІН-ҮСТІН** үст. *Дүркін-дүркін, қайта-қайта, үсті-үстіне.*

**ҮСТІҢГІ** сын. *Жоғарғы, сыртқы, беткі.*

**Үстіңгі бүйір.** кен. *Тікелей қабыса бітіп, бос таужыныстармен шектесетін пайдалы қазылымдардың үстіңгі жағы.* **Үстіңгі қанат.** зоол. *Қоңыздардың екі жұп қанаттарының бірінші жұбы, мүйізді, элитра деп аталатын қатты қанаты.* **Үстіңгі тұмсық.** зоол. *Құстардың үстіңгі жақ сүйектері және оның сыртындағы тұтас мүйізді жабыны.* **Үстіңгі ыза суы.** сушар. *Жердің беткі қабатына жақын ылғал.*

**ҮСТІП** үст. сөйл. *Өстіп, осылай етіп.*

**ҮСТІРТ**[1] зат. геогр. *Биіктігі 200–500 мге дейін баратын маңайындағы жазықтардан жарқабақпен ерекше оқшауланып тұратын қыратты жазық.*

**Үстірт арқары.** зоол. <лат. ovis vignei arkal> *Қуысмүйіздiлер тұқымдасына жататын аша тұяқты аң.* **Үстірт қойы.** зоол. *Жабайыланған тағы қой; муфлон.*

**ҮСТІРТ**[2] үст. *Жеңіл-желпі, асығыс, жедел, шала-шарпы, немқұрайды.*

**Үстірт қарады.** *Жеңіл-желпі, немқұрайды істеді.* **Үстірт нәтиже.** *Жеңіл-желпі, жедел қорытынды.*

**ҮСТІРТ**[3] зат. кәс. *Аяққиімнің үстіңгі жағын көтеріп, белгілі бір формаға түсіру үшін қолданылатын құрал.*

**ҮСТІРТТЕ=** ет. *Тереңге, байыбына бармау.*

**ҮСТІРТТЕУ**[1] сын. *Дөңестеу, биіктеу.*

**ҮСТІРТТЕУ**[2] үст. *Немқұрайдылау, жеңіл-желпілеу.*

**ҮСТІРТТІ** сын. *Қыратты жазығы бар.*

**ҮСТІРТТІК** зат. *Жеңіл-желпі ойланушылық, шалағайлық, асығыстық.*

**ҮСТІРТІН** үст. *Жеңіл-желпі, шала-пұла, асығыс.*

**ҮСТІРТІНДІК** зат. *Жеңіл-желпілік, шалағайлық, асығыстық.*

**ҮСТІРІК**[1] зат. жерг. *Қалыптың үстінен басына таман қоятын қосымша ағаш.*

**ҮСТІРІК**[2] зат. сөйл. *Сүргі, тақтай жонатын аспап.*

**ҮСТІРІКТЕ=** ет. сөйл. *Ағашты сүргілеу.*

**ҮСТІРІКТЕЛ=** ет. *Сүргілену, жонылу.*

**ҮСТІРІКТЕЛУ** *Үстіріктел етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСТІРІКТЕУ** *Үстірікте етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСТІ-ҮСТІНЕ** үст. *Үстін-үстін, дүркін-дүркін, қайта-қайта, әлсін-әлсін.*

**ҮСУ** *Үсі етістігінің қимыл атауы; суықтың әсерінен денедегі тіндердің зақымдануы.*

**ҮСІ=** ет. *Аязға, боранға ұшырап, үсікке шалдығу.*

**ҮСІГЕН** зат. жерг. *Ақ балық.*

**ҮСІГІШ** сын. *Үсуге бейім, тез үситін.*

**ҮСІГІШТІК** зат. *Үсіп кетушілік.*

**ҮСІК**[1] зат. **1.** *Көктем мен күзде кенеттен болатын ызғарлы суық, аяз.* **2.** *Үсікке шалдығушылық, үсінушілік.*

**Үсік жүрді [ұрды].** *Көктемде, күзде кенеттен күн суытып кетіп, көктемелерді үсітті.* **Үсік шалды.** *Үсіді, аязға ұрынды.*

**ҮСІК**[2] сын. *Үсік шалған, үсіген.*

**ҮСІН=** ет. *Үсікке ұрыну, үсікке шалдығу, қатты аязда қалу.*

**ҮСІНДІР=** ет. *Үсікке шалындыру, аязда қалдыру.*

**ҮСІНДІРУ** *Үсіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСІНУ** *Үсін етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСІНІП-ҚАБЫН=** ет. *Үсіну, аязға шалдығу.*

**ҮСІНІП-ҚАБЫНУ** *Үсініп-қабын етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСІР** зат. діни. жерг. *Егін еккен адамдардан 10 табақтан бір табақ, 10 пұттан бір пұт астық алу, яғни өнімнің оннан бірін алатын алымсалықтың бір түрі.*

**ҮСІР=** ет. *Үсікке қалдыру.*

**ҮСІРУ** *Үсір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮСІТ=** ет. *Үсікке ұрындырып алу, аязда қалдыру.*

**ҮСІТУ** *Үсіт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮТ** зат. көне. *Ақпанның 22-нен наурыздың 21-не дейінгі мерзім, сиыр шуақ басталған кез.*

**ҮТІК** [ор. утюг] зат. *Қыздырып алып, киімнің қыртыс-тыртысын жазуға арналған электрлі тұрмыстық техника.*

**ҮТІКТЕ=** ет. *Киім-кешектің, матаның былыр-тырысын, қыртысын үтікпен жазу.*

**ҮТІКТЕЛ=** ет. *Үтікпен бастырылу, үтік жүргізілу.*

**ҮТІКТЕЛУ** *Үтіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ҮТІКТЕУ** *Үтіктеу етістігінің қимыл атауы.*

**Үтіктеу үстелі.** *Киім-кешек үтіктеуге арналған құрылғы.*

**ҮТІКТЕУШІ** зат. *Киімнің қырыс-тырысын үтікпен тегістеуші адам.*

**ҮТІР**[1] зат. лингв. *Бірыңғай сөйлем мүшелерінің, сөйлемдердің, оқшауланған сөздердің т.б. арасына қойылатын, мәтінді түсініп оқуға көмектесетін, сөз ауқымындағы кідірісті білдіретін кіші тыныс белгісі.*

**ҮТІР**[2] зат. жерг. *Істің ыңғайы, жөні, реті.*

**ҮТІР**[3] *Араб әліпбиіндегі дауыс.сыз дыбыстардың үстіне қойылатын қосымша белгінің атауы.*

**ҮТІРЛІК** сын. *Кішкентай, болмашы ғана.*

**ҮУ** елік. *Ызыңдап, гүлеп соққан желдің дауысына ұқсас дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Үу етті.** *Жел кенеттен гу етіп соқты.*

**ҮУІЛ** зат. сөйл. *Гуіл, гулеген дыбыс.*

**ҮФ** од. **1.** *Ерінді жиырып, ауызбен үрлегенде шығатын дыбыс.* **2.** *Бірдемеге ренжіп, шаршап, қажып шығарғандағы дыбыс.*

**ҮҺ** елік. *Шаршап алқынғанда, қайғырып қажығанда қатты күрсіністен шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Үһ деді [десті].** *Бір жұмысты бітіріп, көңілі жайланды.*

**ҮҺІЛ** зат. *Жанға батқанда, қайғырғанда шығатын үһ деген дыбыс, күрсініс.*

**ҮҺІЛЕ=** ет. *Қайта-қайта үһ деп дем шығару, күрсіну.*

**ҮҺІЛЕП-АҺЫЛАП** үст. *Үһ-аһ деп, шаршап, қиналып, шаршағанын, қиналғанын көрсетіп.*

**ҮҺІЛЕС=** ет. *Аһ-үһ десу, шаршау.*

**ҮҺІЛЕСУ** *Үһілес етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҺІЛЕТ=** ет. *Шаршату, күрсіндіру, қажыту.*

**ҮҺІЛЕТУ** *Үһілет етістігінің қимыл атауы.*

**ҮҺІЛЕУ** *Үһіле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШ**[1] сан. **1.** *Екіден жоғары сан.* **2.** пед. *Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын қанағаттанарлық орташа баға.* **3.** этн. *Үш санына киелі, мифтік дүниетанымда қараған көзқарас негізіндегі ұғым.*

**Үш айлық бидай.** жерг. *Бидайдың сорты.* **Үш-ақ түрлі өмір.** этн. *Адам ғұмырының жастық шағы, ағалық шағы, кәрілік шағы.* **Үш алаш.** *Үш жүз (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз).* **Үш ананың баласы.** этн. бейн. *Үш жүз.* **Үш арсыз.** *Тоқтау салу мүмкін емес, адамның еркіне бағына қоймайтын нәпсілерге дауа болмайды деген мағынада айтылады.* **Үш ауыз.** *Бір ауыз сөз, тоқетер.* **Үш аяқ келгір.** жерг. *Сиырға айтылатын қарғыс сөз.* **Үш басы.** жерг. *Шеті, тамтығы, қалдығы.* **Үш байлық.** этн. *Адам бақытына қажетті денсаулық, жақсы жар, дәулеттің жалпы атауы.* **Үш басып [үшбасарлап] тігу.** қолөнер. *Алғашқы екі жіпті көбейту амалының белгісі түрінде (Х) тігіп, соңғы үшінші жіпті соның белінен көлденең басып тігетін, нәтижесінде тең алты тармақ пішіні шығатын көркем тігіс.* **Үш бөлек.** сөйл. *Үш түрлі, үш жүйелі.* **Үш ғалам.** *Аспан әлемі, жер үсті, жер асты.* **Үш егіз.** жерг. *Қойдың я ешкінің үшеу табуы, үшем.* **Үш есіктен өткізді.** діни. *Балалық шақта үш үйдің тәрбиесінен шықты. [Мұхаммед пайғамбарымыздың әуелгі тәрбиені өз анасы Әмина мен сүт анасы Әлимадан алып, одан кейін бабасы Әбдімүтәліп, ағасы Әбутәліптердің қолында болғаны осылайша айтылады].* **Үш жақтады.** *Үшеуледі, үш кісі жабылды.* **Үш жоқ.** *Бір нәрсенің, заттың жаратылысында жоқты іздеуге болмайды деген мағынада айтылады.* **Үш жүз.** этн. *Ертедегі қазақ тайпаларының ұлыстық, әкімшілік-аумақтық, шаруашылық жағынан құрылған тайпалық одағы.* **Үш жүз алпыс екі тамыры кепті [суалды].** *Дәрмені таусылып, бітіп, емешесі құрыды.* **Үш жүздің серкесі.** *Елдің ардақты адамы.* **Үш көсе.** жерг. *Бір арбаға үш пар аттың жегілуі.* **Үш күндік пәни.** поэт. *Өтпелі қысқа өмір.* **Үш қабат.** *Қабат-қабат, қалың етіп.* **Үш қабатты тазарту.** кен. *Төменгі анод қабаты 30-40% мыс қосылған алюминий балқыма, жоғарғысы – таза алюминий, екі қабат аралығында хлорлы барийдің алюминий және натрий фторидтерімен қоспасы бар электролит қабаты бар алюминийді электролитті тазалау.* **Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.** *Ешқандай, ешбір қатысы жоқ.* **Үш қат**

**бөз.** *Мәйітті жерлегенде орайтын кебін.* **Үш қиян.** *Үш өзеннің аралығын алып жатқан үлкен аймақ [Жайық, Ойыл, Қиыл].* **Үш құмар.** окказ. *Аса ынтық, құштар болатын нәрселер.* **Үш қырыққан түйе.** жерг. *Алдыңғы сегіз тісі түгел тегістелген 27 жастағы түйе.* **Үш метр.** этн. а) *Әйел адамға көйлектік тауар ретінде берілетін матаның өлшемі.* ә) *Қайтыс болған адам жерленген моланың өлшемі.* **Үш мүйіз болды.** *Үш топқа бөлінді, үш топ құрды (әскери шеп құрудың бір түрі).* **Үш мысқалдық.** *Титтей, мардымсыз.* **Үш өлшемдік кеңістік.** *Өлшемі үшке тең кеңістік.* **Үш сүю.** этн. филос. *Алланы, адамзатты, әділетті сүюді негіздеген Абай шығармашылығындағы діни сенімнің, жоғары ақылақтың асылы деп таныған адамгершілік қағидасы.* **Үш тап.** этн. филос. *Ақыл, жүрек, қайраттан тұратын адамның жан дүниесі.* **Үштен бірі.** *Санамалап бөлінбейтін нәрсені үшке шамалағандағы бір бөлігі.* **Үш тоғыз.** этн. *Әрқайсысы тоғыздан тұратын үш топ сыйлық (айып).* **Үш ұйықтаса [да] түсіне енген емес [енбеген].** *Ойына еш кіріп-шықпаған, мүлдем ойламаған, күтпеген.* **Үш ұйықтаса ойында жоқ.** *Мүлде ойламаған, күтпеген.* **Үш ұйықтаса да түсіне кірмеді [өңі түгіл түсіне де кіріп шықпады].** *Бұлай болады деп ойламады, мүлде күтпеді.*

**ҮШ**[2] зат. жерг. *Кимешектің сыртынан тартатын ақ шүберек.*

**ҮШАҚА**[1] зат. жерг. *Үш тармақты ағаш айыр.*

**ҮШАҚА**[2] зат. жерг. *Белбеудің айылбасы.*

**ҮШАРҚАР: үшарқар таразы.** астр. <лат. orion> *Байырғы кезде қазақтардың Күн жүйесінен бұрынғы Үркер жұлдызы бойынша жыл санауында қозғалысына қарап күн райын, амалдарды белгілеп отырған жарқырап көрінетін экваторлық шоқжұлдыз.*

**ҮШАЯҚ** зат. сөйл. **1.** *Темір мосы.* **2.** жерг. *Шайдың шоғын салатын ыдыс.* **3.** *Бауырсақ пісіретін үш аяқты қазан.*

**ҮШБАҚ** зат. діни. сөйл. *Ұшпақ, бейіш, жұмақ.*

**Үшбақы болғыр.** *Ұжмақта болғыр, бейіште болғыр деген мағынада сүйсінуді білдіретін қолданыс.*

**ҮШБАСАРЛА**: **үшбасарлап тігу.** кәс. *Алдымен алғашқы екі жіпті крест түрінде тігіп алып, соңғы үшінші жіпті соның белінен көлденең басып тігіс жүргізу.*

**ҮШБУ** есім. ескікіт. *Мына, бұл, осы.*

**Үшбу сәлем жолдады.** *Алыстан жеткен хат-хабар, амандық біліс хабар жіберді.*

**ҮШБҰРЫШ** зат. геом. *Өзара қиылысатын үш түзу сызықпен шектеліп жасалған геометриялық фигура.*

**ҮШБҰРЫШТЫ** сын. *Үш бұрышы бар, үшбұрыштанған (зат).*

**Үшбұрышты суағар**. *Өзен суының су өтімін өлшеуге арналған аса қолайлы, үшбұрышты, жұқа қабырғалы гидротехникалық құрылыс.*

**ҮШЕК** зат. жерг. *Үйдің сыртқы төбесі.*

**ҮШЕМ** зат. *Бір ене, бір анадан туған үш төл, бала.*

**ҮШЕН** сын. сөйл. ***Үшем.***

**ҮШЕНДІК** сын. *Үш жақты.*

**ҮШЕУ** сан. *Үш санының жинақтық түрі.*

**ҮШЕУЛЕ=** ет. *Үш адам бірігe әрекет жасау.*

**ҮШЕУЛЕУ** *Үшеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШЕУІНДЕЙ** сын. *Үшеуі тәріздес, үшеуі сияқты.*

**ҮШЖАҚ** зат. спорт. *Үстел үстіне бір-біріне аралары түйістіріліп, үшбұрышталып, қойылған біркелкі шаралар.*

**ҮШКӘПІР** зат. жерг. *Үш амал; 12–13 желтоқсаннан бастап, 18 желтоқсанға дейінгі қатты суық болатын қыс амалы.*

**ҮШКҮЛ**[1] зат. сөйл. ***Үшкіл.***

**ҮШКІЛ**[2] сын. **1.** *Үш бұрышты* зат. **2.** *Көйлектің етегін кеңейту үшін оған үшбұрыштап қоятын қиықша; шабу.* **3.** *Мәсінің сірісі.* **4.** жерг. *Көйлектің кеудесі не жеңін біріктіргенде қолтыққа қойылатын төрт бұрышты қиық.*

**ҮШКІЛДЕ=** ет. *Үшкіл ету, үшбұрыштау.*

**ҮШКІЛДЕН=** ет. *Сүйірлену, ұшы жіңішкеру.*

**ҮШКІЛДЕНУ** *Үшкілден етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШКІЛДЕУ**[1] сын. *Үшкілдене біткен.*

**ҮШКІЛДЕУ**[2] *Үшкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШКІЛСІЗ** сын. *Үшкілі жоқ, шабусыз.*

**ҮШКІЛТІМ** сын. *Бір жағы сүйірлене біткен.*

**ҮШКІР** сын. **1.** *Ұшы сүйір, істіктей.* **2.** ауыс. *Өткір біздей (тіл).*

**ҮШКІР=** ет. діни. **1.** *Ауырған адамға дем салып, су бүрку, дұға оқу.* **2.** ауыс. мысқыл. *Басқа біреудің күші басым түсу.*

**ҮШКІРГЕН-ТҮШКІРГЕН=** ет. *Ем-дом салған, дұға оқыған.*

**ҮШКІРҚҰРТ** зат. зоол. ***Бөсір.***

**ҮШКІРЛЕ=** ет. *Бір нәрсені егеп не жонып үш шығару, үштау.*

**ҮШКІРЛЕН=** ет. *Сүйегі, қыры шығу; көріну.*

**ҮШКІРЛЕНУ** *Үшкірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШКІРЛЕУ**[1] сын. *Сүйірлеу, сопақтау.*

**ҮШКІРЛЕУ**[2] *Үшкірле етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШКІРЛІК** зат. *Сүйірлік, ұшқырлық.*

**ҮШКІРТ=** ет. *Дем салдыру, дұға оқыттыру, су бүркіту.*

**ҮШКІРТАС** зат. геол. *Жұмырланбаған, қырлары мұқалмаған, сүйіршек келген 10-100 мм шамасындағы ірі кесекті борпылдақ тау жынысы.*

**ҮШКІРТУ** *Үшкірт етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШКІРУ** *Үшкір етістігінің қимыл атауы; адам ағзасы дертке шалдығып, ауырғанда аят-дұға оқып, шипа тілеу.*

**ҮШКІРУШІ** зат. *Дұға оқып, дем салушы адам.*

**ҮШКІРІП-ТҮШКІР=** ет. *Емдеп-домдау; ұшықтау, бақсының ем-дом жасауы.*

**ҮШКІРІП-ТҮШКІРУ** *Үшкіріп-түшкір етістігінің қимыл атауы.*

**ҮШҚАТ** зат. өс. <лат. caprifolliaceae> *Гүлінің түсі әртүрлі бұта өсімдіктер тұқымдасы және сол өсімдіктің ащы дәмді жемісі.*

**ҮШҚАТТЫ** сын. *Үшқат көп, қалың өсетін (жер).*

**ҮШҚҰЛАҚ** зат. қолөнер. *Барлық әшекей ісіне тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты өрнек.*

**Үшқұлақ тымақ.** зат. этн. *Түлкі терісінен, пұшпақтан, қозы терісінен тігілетін баскиім.*

**ҮШҚЫЛТАН** зат. өс. <лат. trisetum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ҮШӨЛШЕМДІ: үшөлшемді полимерлер.** хим. *Торлы полимерлер – буындары бірыңғай химиялы байланысқан кеңістіктік тор түзетін полимерлер.*

**ҮШПЕК** зат. жерг. *Терлік.*

**ҮШСАЙЫС** зат. спорт. *Белгілі бір спорттың үш түрі бойынша бір ғана спортшының сайысқа түсу жарысы.*

**ҮШСАЙЫСШЫ** зат. спорт. *Үшсайыс шебері.*

**ҮШСЕКІРІС** зат. спорт. *Серпілу, аттау және секірістен тұратын жеңіл атлетиканың бір түрі.*

**ҮШТАБАН** зат. жерг. *Асық ойынының бір түрі.*

**ҮШТАҒАН** зат. әдеб. *Үш нәрседен, бөліктен тұратын тұтастық, бірлік; триада.*

**Үштаған болып жауласқан**. *Үш қияннан келіп соғысқан.*

**ҮШТАП** зат. жерг. *Екі түсті жуантық жіппен тығыз тоқылған бедерлі жібек матаның бір түрі.*

**ҮШТАРМАҚ: үштармақ итошаған.** өс. <лат. bidens tripartita>. *Күрделігүлділер тұқымдасы итошаған туысына жататын өсімдік түрі.*

**ҮШТЕ=** ет. жерг. *Сірексіту, жекелеу.*

**ҮШТЕЛНЕЙ** зат. жерг. *Жер асты, үңгір тау.*

**ҮШТОҒЫЗ** зат. этн. **1.** *Бас тоғыз (түйе бастаған құлынды бие, қос ат, жамбы, жағалы киім, тұтас құндыз, қылыш т.б.), орта тоғыз (бие бастаған тоғыз мал және әртүрлі бұйымдар) және аяқ тоғыздан (бұзаулы сиыр бастаған тоғыз тайынша, қоралы қой және басқа бұйымдар) тұратын, құдаласқаннан кейін күйеу ұрын барған кезде және алып қашқан жағдайда жігіт жағы айып-ажы ретінде бірін атайтын, беретін қазақ дәстүрлі қоғамының жоралғысы.* **2.** *Күресте бас бәйгеге берілген жүлде.*

**ҮШТОСАР** зат. жерг. *Ескі мылтықтың атауы.*

**ҮШТОСАРЛЫ** сын. *Мылтықты.*

**ҮШ-ТӨРТ** сан. **1.** *Үш не төрт шамалы болжалдық санды азырқанған, аз көрген мағынада қолданылады.* **2.** *Үш, төрт шамалы болжалдық санды көп көрген мағынада айтылады.*

**ҮШТҰҒЫРЛЫҚ: тілдің үштұғырлығы.** қоғ. саяси. жаңа. *Жеке тұлғаның қазақ, орыс және ағылшын тілін білуін, меңгеруін қоғамдық, мемлекеттік мүдде етушілік.*

**ҮШТІК**[1] зат. пед. *Студенттердің, оқушылардың біліміне қойылатын орташа баға, балл.*

**ҮШТІК**[2] зат. спорт. *Спорттық және басқа да конкурстық жарыстардағы алғашқы жүлделі үш орын.*

**ҮШТІК**[3] сын. *Үшке тән, үшке байланысты.*

**Үштік байланыс**. хим. *Екі атом арасында үш рет электрон жұптасуынан пайда болатын химиялық ковалентті байланыс.* **Үштік нүкте**. физ. *Заттың үш фазасының да бірдей, бір мезгілдегі тепе-теңдік күйіне сәйкес келетін күй диаграммасындағы нүкте.* **Үштік шам.** *Шишасының түбінің аумағы үш сантиметрлік шам.* **Үштікті ирелеңдетіп шықты.** окказ. юмор. *Үштік бағасын алып қалды, орташа деңгейдегі білім көрсетті.*

**ҮШТІКЕНДІ: үштікенді қарамала.** өс. <лат. gleditschia trincanthos> *Сабақтарының және бұтақтарының қабығы қоңыр, тікенектері жиі тармақталған бұршақ тұқымдасына жататын ағаш.*

**ҮШТІ-КҮЙЛІ** үст. *Із-түзсіз, зым-зия.*

**ҮШҮЙЛІ** зат. бот. *Үш тінді өсімдік.*

**ҮШҮНДІЛІК** зат. муз. *Музыкада дыбыстары терция интервалында орналасқан немесе орналаса алатын аккорд.*

**ҮШ-ҮШТЕН** үст. *Үшеу-үшеу болып, үштен топтап.*

**ҮШІ** зат. этн. *Қайтыс болған адамды еске түсіру үшін үш күннен кейін берілетін ас.*

**Үшін берді.** этн. *Қайтыс болған адамның туған-туыстары жиылып, үш күннен соң еске алып, киім-кешегін таратты, ас берді.*

**ҮШІН** шыл. *Зат есімге, есімдіктерге, етістіктің қимыл атауларына, кейбір есімшелерге тіркесіп, оларға мақсат, себеп, арнау мәнін үстейтін септеулік шылау.*

**ҮШІНШІ** сан. **1.** *Екіден жоғары реттік сан. // Үшінші ретте, үшінші кезекте.* **2.** *Айтатын не жазатын ойын жүйелеп, санамалағанда, сөзін салмақтау үшін қыстырма сөз ретінде айтылады.*

**Үшінші әлем.** саяси. *Батыс елдерінің өз экономикалық дамуы тұрғысынан салыстыра отырып атаған әлемдегі дамушы елдердің шартты атауы.* **Үшінші буын тілі.** инф. *Жоғары деңгейлі тіл.* **Үшінші интернационал.** тар. совет. *Негізі 1919 ж. Мәскеуде қаланған, өзін бірінші және екінші интернационалдардың тарихи мұрагері санаған, коммунистік партиялардың халықаралық бірлестігі.* **Үшінші космостық жылдамдық.** астрон. *Жерден ұшырылған ғарыш кемесінің Күннің тартылыс күшін жеңіп, Күн жүйесінен асып кетуіне керекті жылдамдық (яғни 16,67 км/сек).* **Үшінші текті электродтар.** физ. *Ерімталдау түзбен бірдей катионы бар электролит ерітіндісінде болатын екі ерімтал түзбен жанасатын металдан жасалған жүйелер.* **Үшінші тұлғалар**. *Азаматтық сот ісін*

*жүргізуде: басқа тұлғалардың (тараптардың) жүгінуі бойынша қозғалған азаматтық істе өз құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаушы тұлғалар.*

**ҮШІНШІДЕН** ү с т. *Бір мәнді нәрселерді санамалап айтқанда үшінші жақтан деген мағынада қолданылады.*

**ҮШІНШІЛІК** з а т. *Үшінші орын.*

**ҮШІР** [ар. ] з а т. д і н и. *Жерден өндірілетін өнімге, саудадан түскен қаржыдан салына тын оның бір бөлігіндей алым, салық.*

**ҮЮ** *Үй етістігінің қимыл атауы; нәрсені бір жерге жинау, айналасын қомақтау.*

**ҮЮЛІ** с ы н. *Үйіліп қойылған, жиналған.*

# Ф

**Ф 1.** *Тіс пен еріннің жуысуынан жасалатын кірме ызың дауыссыз дыбыс.*

**ФА** [итал. fa] з а т. м у з. *Музыка гаммасының төртінші нотасы.*

**ФАБРИКА** [лат. fabrica] з а т. э к о н. *Шикізатты техникалық тәсілмен өңдейтін өнеркәсіп орны.*

**ФАБРИКАЛЫ** с ы н. **1.** *Фабрикасы бар, фабрикаға ие.* **2.** *Белгілі бір фабрикаға тән.*

**ФАБРИКАЛЫҚ** с ы н. *Фабрикаға қатысты, фабрикаға тән.*

**ФАБРИКАНТ** з а т. *Өз меншігінде фабрикасы бар кәсіпорын иесі, қожасы.*

**ФАБРИКАТ** [лат. fabricatus] з а т. *Өндірістің дайындаған өнімі, фабриканың дайын бұйымы; қосымша өңдеусіз өндірісте не жекелей тұтынылатын өнім.*

**ФАБРИК-ЗАУЫТ** з а т. *Фабрикалар мен зауыттар.*

**ФАБУЛА** [лат. fabula] з а т. **1.** ә д е б. *Әдеби шығармалардағы баяндалатын оқиғалардың желісі, қысқаша мазмұны.* **2.** и н ф. <ағыл. track> *Мультимедиалық анимацияларда – цсыну ортасының анықтамалық «фильмдік» мәліметтері.*

**ФАБУЛИТ** з а т. *Жасанды минерал, стронций титанаты.*

**ФАВОРИТ** [франц. favorite] з а т. **1.** с а я с и. *Билеушінің, ықпалды тұлғаның басқалардан мысы басым, ерекше артықшылықтармен әспеттелетін тамыр адамы, өз кезегінде билеушіге ықпалы өте күштісі.* **2.** *Сайлауалды кампанияларында әлеуметтік зерттеу, сауалнамалардың қорытындысы бойынша рейтингісі жоғары, жеңістен бірден-бір үміткер тұлға.* **3.** с п о р т. *Біріншілікке шығуға, жеңіске ие болуға мүдделі дәмегер.* **4.** э к о н. *Басқа фирмаларға қарағанда пайда алуға, бәсекелі күресте жеңіске жетуге мүмкіндігі көп фирма.*

**ФАГ** [грек. phagos] **1.** б и о л. *«Жеп қоятын», «жұтып жіберетін» деген ұғымдарды білдіретін күрделі сөздердің бір бөлігі; мысалы, бактериофагтар, фагоциттер.* **2.** и н ф. *Детектор қызметін орындайтын және сонымен бірге вирусты жоятын антивирус (программа).*

**ФАГОПРОФИЛАКТИКА** [грек. phagos – жалмау, жеу, prophylaktikos – сақтандыратын] з а т. б и о л. *Кейбір ішек ауруларынан (дизентерия, сірespe, т.б.) бактериофагтар препараттары арқылы алдын ала сақтандыру әдісі.*

**ФАГОСОМА** [phagosoma, лат. phagein – жалмау, обу, жеу, soma – дене] з а т. б и о л. *Ішінде фагоцитоз процесінің толық қорытылмаған өнімдері болатын, клетка цитоплазмасындағы жеке жарғақпен шектелген көпіршік.*

**ФАГОТ** [итал. fagotto] з а т. м у з. *Ағаштан істелген, дыбысы жуан үрлемелі музыкалық аспап.*

**ФАГОТЕРАПИЯ** [грек. phagos – жеймін, therapeia – емдеу] з а т. м е д. *Кейбір жұқпалы ауруларды (іш сүзегі, дизентерия, тырысқақ, т.б.) ерекше зат – бактериофагтар көмегімен емдеу.*

**ФАГОЦИТЕЛЛОТӘРІЗДІЛЕР** [лат. phagocytellozoa] з а т. б и о л. *Алғашқы қарапайым құрылысты көпклеткалылар.*

**ФАГОЦИТОЗ** [грек. phagos – жеймін, kytos – жасуша] з а т. б и о л. *Тірі жасушалар мен өлі нәрселерді біржасушалы организмдердің жемірүі.*

**ФАГОЦИТТЕР** з а т. б и о л. *Фагоцитоз түзетін, адам мен жануарлардың дәнекер тіндерінде болатын арнайы қорғаныштық клеткалар.*

**ФАГТАР** з а т. б и о л. *Қожайыны бактериялар болып саналатын вирустар.*

**ФАҒАН**[1] [ир. فغان]**: фаған қылды.** е с к і к і т. *Мінәжат етті, зарлады.*

**ФАҒАН**[2] [парс. فغان] з а т. е с к і к і т. *Күрсініс, қиналыс, күйірену.*

**ФАДИҒҰНДАЙ** с ы н. е с к і к і т. *Пәк, таза, әсем.*

**ФАЗА** [грек. phasis] з а т. **1.** *Жанды заттың не құбылыстың дамуындағы белгілі бір кезең, күй, қалып.* **2.** *Қоғамның тарихи дамуындағы белгілі бір дәуір.* **3.** т е х. *Генератор орамдарының жеке тобы.* **4.** и н ф. *Тапсырманы өңдеу кезеңі.*

**Фазаларды ығыстыру компенсаторы.** т е х. *Электр қондырғылардың қуат коэффициентін жоғарылататын электрмәшине (синхронды мәшине, коллекторлы мәшине, электр конденсатор).*

**ФАЗАБҰРҒЫШ** з а т. физ. *Құрылғының шығысындағы электромагниттік тербеліс фазасын оның кірісіндегі тербеліс фазасына қарағанда өзгертуге арналған электр құрылғыларының ортақ атауы.*

**ФАЗАЛЫ** з а т. т е х н. *Генератор орамдарының жеке тобы мен оған жалғанған электр сымы.*

**ФАЗАЛЫҚ** с ы н. *Фазаға тән, фазаға қатысты.*

**Фазалық ауысу.** ф и з. *Фазалық түрлену кең мағынасында сыртқы жағдайлар (температура, қысым, магниттік және электрлік өріс т.б.) өзгергенде заттың бір фазадан екінші фазаға ауысуы; тар мағынасында сыртқы параметрлер үздіксіз өзгергенде физикалық қасиеттердің секірмелі өзгеруі.* **Фазалық модуляция.** ф и з. *Тербеліс модуляциясының бір түрі.* **Фазалық тепе-теңдік.** ф и з. *Термодинамикалық тепе-теңдіктегі фазалардың бір мезгілде көп фазалық жүйеде болуы.*

**ФАЗЕНДА** [порт. fazenda] з а т. *Шаруашылықпен айналысу үшін қала сыртынан салынған үй-жай.*

**ФАЗОМЕТР** [грек. phasis – пайда болу, metreo – өлшем] з а т. ф и з. *Екі электрлік тербелістің фазалар айырымын немесе электр тізбегіндегі ток күшінің жоғары мәндеріндегі қуат коэффициентін өлшеуге арналған аспап.*

**ФАЗОТРОН** з а т. ф и з. *Синхроциклотрон – ауыр зарядталған бөлшектердің (протондар, иондар) циклдік резонанстық үдеткіші.*

**ФАЗЫЛ** [ар. ] з а т. к ө н е. **1.** *Құдірет, қасиет.* **2.** *Өте қадірлі, құрметті, беделді.* **3.** *Адамгершілік, абырой, жақсылық.* **4.** *Мейірім.*

**Фазыл сезім.** п о э т. *Биік, кемел түсінік, адал, игі ой.*

**ФАЗЫЛАТТЫ** с ы н. к ө н е. *Қайырымды, рақымды, жағымды.*

**ФАЙ** з а т. д і н и. *Барлық кіріс атаулының түрі, мұсылман қауымының бейбіт жолмен басқа діндегі адамдардан алған мүліктері, түрлі алымсалық табыстары.*

**ФАЙД** [ар. فيض] з а т. д і н и. *Ағынан жарылу, эманация.*

**ФАЙЛ** [ағыл. file] з а т. **1.** и н ф. *Сыртқы жад құрылғыларында орналасатын және жеткізу мен өңдеу кезінде бөлінбейтін, біртұтас қарастырылатын жазбалар тізбегі; белгілі бір атаумен аталып, реттеліп жазылған байттар тізбегі.* **2.** *Атау беруге болатын құжат немесе қолданбалы программа.*

**Файлдар каталогы.** и н ф. <ағыл. file catalog> *Файлдың атауы, типі, көлемі, орналасуы мен даярланған немесе соңғы өзгертілген уақыты туралы ақпаратты сақтайтын каталог.* **Файлдарды көшіру.** и н ф. <ағыл. file copying> *Операциялық жүйенің стандартты құралдарымен жасақталатын сыртқы құрылғылардың арасында файлдар алмасу процедурасы.* **Файлды ашу.** и н ф. < ағыл. file opening> *Файлдың қолайлылығын тексеру және жазбаларды енгізу-шығару үшін негізгі жадта буфер бөлу, сыртқы жадтағы файлдың тұрған орнын анықтау, мәліметтерді басқару блогын басқарушы ақпараттармен ақтық толықтыру процедурасы.* **Файлды бұғаттау.** и н ф. <ағыл. locking file> *Файлға жазылған мәліметті өзгертуге мүмкіндік бермейтін әрекет.* **Файлды даярлау.** и н ф. <ағыл. creation of a file> *Сыртқы жадты бөлуді, файл ентаңбасын дайындауды және оған жазбаларды жүктеуді қамтитын операциялар кешені.* **Файлды жабу.** и н ф. <ағыл. file closing> *Бағдарламаның файлмен жұмысты аяқтау операциясы.* **Файлды иемдену.** и н ф. <ағыл. fail locking> *Көпесепті жүйеде немесе жергілікті желілерде файлдық жүйенің беріктігін арттыру құралы.*

**ФАЙЛ-СЕРВЕР** з а т. и н ф. *Бір-бірінен алыста орналасқан ортақ файлдарды пайдаланатын бірнеше жұмыс станцияларына қызмет ететін жергілікті желінің қуатты компьютері.*

**ФАК** з а т. э к о н. *Жүк мөлшері үшін оған кіретін тауарлардың номенклатурасына қарамастан белгіленетін көлік тарифінің бірыңғай мөлшерлемесі.*

**ФАКЕЛ**[1] [нем. Fackel] з а т. а с т р. *Күн шеңберінің жегіндегі қисық формалы, ішінде әртүрлі сызықтар мен жарық нүктелер және әрқилы түйіршектері бар жарықтаңба.*

**ФАКЕЛ**[2] з а т. *Таяқ басына майлы шүберек немесе май құйылған темір құты байлап жасалған (көбіне тұтқаға бекітілген) олимпиада ойыны өтетін орынға әкелінетін жалынды шырақ.*

**ФАКЕЛШІ** з а т. *Факелді ұстаушы, факелді алып жүруші.*

**ФАКИР** [ар. فقير] з а т. **1.** д і н и. *Мұсылман діні үшін өз өмірін пақырлыққа, сопылыққа арнаған адам.* **2.** *Көз байлаушы, сиқыр адам.*

**ФАКИХ** [ар. ] з а т. д і н и. *Діншіл, заңгер, Құран сөзінің білгірлері.*

**ФАКОЛИТ** [грек. phakos – линза, lithos – тас] з а т. г е о л. *Көбінесе антиклинді, сирегірек синклинді қатпар құлпы өңіріне кірігіп линза пішіндес шағын ғана шоғыр түрінде оқшауланатын интрузиялық дене.*

**ФАКС** [ағыл. fax, facsimile] з а т. *Құжаттарды, оның ішінде схемаларды, сызбаларды, фотосуреттерді электрондық жеткізу жүйесі; графикалық мәліметтерді немесе мәтіндерді екілік кодтар түрінде телефон желілері арқылы жеткізу, жіберу құралы.*

**ФАКСИМИЛДІ** с ы н. *Суретке түсірііп көшірілген, түпнұсқаға дәл келетін.*

**ФАКСИМИЛЕ** [лат. simile] з а т. *Қолжазба, қолтаңба, құжаттардың түпнұсқаларының фотографиялық не баспа әдісімен алынған дәл көшірмесі.*

**ФАКС-МАШИНА** з а т. и н ф. *Графикалық мәліметті немесе мәтінді екілік кодтар түрінде телефон желілері арқылы жеткізу, жіберу құралы.*

**ФАКС-МОДЕМ** [ағыл. fax modem] з а т. и н ф. *Бір компьютердегі графикалық түрдегі құжатты (файлды) қағазға баспай-ақ, басқа жерде орналасқан факсимилді мәшинеге жіберетін (қабылдайтын) электрондық құрылғы.*

**ФАКСХАТ** з а т. *Факс арқылы жіберілген хат, құжат.*

**ФАКТ** [лат. factum] з а т. *Анық іске асқан оқиға; шын болған іс.*

**ФАКТИТИВ** з а т. л и н г в. **1.** *Іс-әрекетке тікелей қатысты етістіктің тұлғасы мен лексикалық мағынасы.* **2.** *Зат есім мен сын есім негіздерден жасалған етістік.*

**ФАКТОЛОГИЯ** з а т. *Дәлел, дәйек болатын материалдарды, фактілерді, құжаттарды салыстырып зерттейтін ғылым саласы.*

**ФАКТОР** [лат. factor] з а т. ***Түрткіжайт.*** **1.** *Қандай да бір құбылыстың, процестің сипатын не жекелеген белгілерін анықтайтын қозғаушы күші, себебі; саяси ғылымда саяси құбылыстарға, процестерге түсініктеме беретін тәсілдер жиынтығы.* **2.** э к о н. *Кәсіпорынның өндірістік қызметінің және жалпы экономиканың негізгі ресурстарының бірі (жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік); экономикалық, өндірістік үдерістердің өндірістік, экономикалық қызметтің нәтижесіне ықпал ететін қозғаушы күш; ағылшынның сауда тәжірибесінде тауарларды сатуға, сатып алуға немесе тауарды кепілге салып, қарызға ақша алуға өкілеттігі бар агент.*

**Факторлар теориясы**. ә л е у м. *19 ғасырдың аяғынан бастап Батыста және Ресейде таралған позитивистік социологиялық концепция.*

**ФАКТОРИНГ** [ағыл. factoring] з а т. з а ң. *Ақшалай талапты беріп қаржыландыру.*

**ФАКТОРИНГІЛІК** с ы н. *Факторингке тән.*

**ФАКТОРИЯ** [ағыл. factory] з а т. э к о н. **1.** *Елден алыс жерлердегі сауда-саттық және мәдени пункт.* **2.** *Еуропа көпестерінің отар елдердегі сауда жасайтын елді мекені.*

**ФАКТОРЛЫҚ** с ы н. *Қандай да бір факторға қатысты.*

**ФАКТУРА**[1] [лат. factura] з а т. ө н е р. *Көркемөнер шығармаларындағы көркемдік техникасының өзіндік ерекшелігі; көркемсурет туындысының сыртқы өңі, түр сипаты.*

**ФАКТУРА**[2] з а т. **1.** э к о н. *Сатып алушыға берілетін тауардың аты, бағасы жазылған қағаз, босатылған тауарға берілетін шот.* **2.** а у ы с. *Есеп, бақай есеп.*

**ФАКТУРАЛА=** е т. *Жөнелтілетін тауарларды тізімге түсіріп, есепке алу, хаттау.*

**ФАКТУРАЛАН=** е т. *Тізімделу, хатталу.*

**ФАКТУРАЛАНУ** *Фактуралан етістігінің қимыл атауы.*

**ФАКТУРАЛАУ** *Фактурала етістігінің қимыл атауы.*

**ФАКТУРАЛЫҚ** с ы н. *Фактураға қатысты.*

**Фактуралық баға.** э к о н. *Жеткізілген тауар шотында (инвойста, фактурада) көрсетілетін баға.*

**ФАКТІЛІ** с ы н. *Нақтылы, ақиқатқа негізделген, шынайы.*

**ФАКУЛЬТАТИВТІ** [франц. facultatif] с ы н. п е д. *Қосымша, үстеме білім беруге қатысты, негізгі емес, қосалқы.*

**ФАКУЛЬТАТИВТІК** с ы н. п е д. *Негізгі емес, қосалқы, белгілі пәннен тереңдетіп оқытатын, сабақтан тыс.*

**Факультативтік курс**. п е д. *Жоғары және орта оқу орындарында оқушылардың жалпы мәдени және ғылыми-теориялық таным аясын кеңіту немесе қосымша мамандық беру үшін оқылатын міндетті емес оқу курсы немесе пән.* **Факультативтік сабақ**. п е д. *Жеке мәселе, курс, тақырып бойынша оқушылардың қалауы мен қызығушылығына сәйкес, білімдерін тереңдетуге арналған міндетті емес сабақ.*

**ФАКУЛЬТЕТ** [нем. Fakultät] з а т. *Жоғары оқу орнының белгілі бір пән саласын қамтитын бір бөлімі.*

**ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ** с ы н. *Факультеттер арасында өтетін шараларға қатысы бар.*

**ФАКУЛЬТЕТТІК** с ы н. *Факультетке қатысты, соған тән.*

**ФАҚИҺ** [ар. فقيه] з а т. *Діни заңгер; Құран сөзінің білгірі.*

**ФАҚЫР** з а т. с ө й л. ***Пақыр.***

**ФАЛАНГА** [грек. phalanx (phalangos] з а т. а н а т. *Саусақ пен бақай сүйектерінің ғылыми атауы.*

**ФАЛЕРИСТ** з а т. *Фалеристикамен шұғылданушы, коллекциямен айналысушы.*

**ФАЛЕРИСТИКА** [лат. falerae] з а т. *Значоктарды, төсбелгілерді, жетондарды т.б. коллекциялау және зерттеу.*

**ФАЛСАФ** з а т. *Философ.*

**ФАЛЬСИФИКАЦИЯ** [лат. falsificare] з а т. *Қолдан жасау; нақтылы, шынайы мәліметті жалған, өтірікпен алмастыру.*

**ФАЛЬСТАРТ** [ағыл. false start] з а т. с п о р т. *Жарысты бір мезетте бастамағандықтың себебінен болатын ереже бұзушылық.*

**ФАЛЬЦ** [нем. Falz] з а т. п о л и г р. **1.** *Баспа табақ қағазының бүгілген жері.* **2.** т е х. *Жұқа металдан, қаңылтырдан жасалған бұйымдардың өзара қиюласып, жалғасқан жеріндегі бүктесіндi жік, жапсар.*

**ФАЛЬЦЕТ** [итал. falsetto] з а т. м у з. *Әнші дауысының (көбіне ерлер даусы) белгілі бір регистрі.*

**ФАЛЬЦОВКА** [нем. Falzen] з а т. п о л и г р. *Баспа орындарында баспа табақ қағаздарды тиісті үлгіге келтіріп бүктеу әрекеті.*

**ФАЛЬЦОВЩИК** з а т. п о л и г р. *Баспа орындарында баспа табақ қағаздарын белгіленген үлгіге келтіріп, бүктеп тұратын маман қызметкер, бүктегіш.*

**ФАМИЛИСТИКА** з а т. *Отбасы туралы білімдер жүйесі, отбасын зерделеу кезіндегі факторлардың, процестер мен құбылыстардың жиынтығы.*

**ФАМИЛИЯ** [лат. familia] з а т. *Әулетесім; бір отбасының әулетіне арғы ата тегінен бастап қойылып келе жатқан әулеттік атау.*

**ФАМИЛИЯЛАС** с ы н. *Фамилиясы бір, ұқсас.*

**ФАНА** з а т. д і н и. *Сопылық атаулар, Құран сүресіне дейін көтеріп, өзінің тұлғасын шенеп-мінеп, оның орнына Құдайдың құдіретін мадақтаушылар.*

**ФАНАТ** з а т. с ө й л. ***Фанатик*** *(Дінге берілген адам).*

**ФАНАТИЗМ** [лат. fanaticus] з а т. *Өзінің ұнатқан қалағанына, өзінің наным-сеніміне, белгілі бір идеяға деген қатты құштарлықты, нық сенгендікті, таза берілгендікті көрсету.*

**ФАНАТИК** [лат. fanaticus] з а т. **1.** *Дін жолына басы бүтін берілген, нағыз діншіл адам.* **2.** а у ы с. *Белгілі бір іске жан-тәнімен берілген, сол жолда бар еңбегін сарп еткен адам.*

**ФАНАТИКТІК** з а т. **1.** *Нағыз фанатик.* **2.** *Белгілі бір іске жан-тәнімен берілгендік.*

**ФАНГТЕР** з а т. *Пангвелер, пахуиндер, фанвелер, мфангтар, орталық Африканың жергілікті тұрғындары – бантулар құрамына кіретін халықтар тобы.*

**ФАНЕР** [нем. Furnier] з а т. *Бірнеше қабаттап ағаш талшықтарынан істелген жұқа тақтай.*

**ФАНЕРЛЕ=** е т. *Бір нәрсенің үстін, бет жағын фанермен қаптау, жапсыру.*

**ФАНЕРЛЕУ** *Фанерле етістігінің қимыл атауы.*

**ФАНЕРЛІ** с ы н. *Фанерленген, фанері бар.*

**ФАНЕРОЗОЙ** [грек. phaneros] з а т. г е о л. *Жердің геологиялық тарихындағы аса үлкен кезең.*

**ФАНЕРОФИТТЕР** [грек. phaneros – ашық, айқын, phyton – өсімдік] з а т. б и о л. *Қайта түлейтін бүршіктері топырақ бетінен қашық орналасқан (25-ден биік) өсімдіктер.*

**ФАНИ** с ы н. д і н и. е с к і к і т. ***Пәни.***

**ФАН-КЛУБ** з а т. *Әртүрлі ортақ мүддеге (спорт, музыка т.б.) сай жиналған адамдар тобы.*

**ФАНТАЗИЯ** [грек. phantasia] з а т. **1.** *Адам қиялының идеалды қайта құрушы мүмкіншілігімен байланыстысы.* **2.** ә д е б. *Ақын, жазушының көркемдік қиялы.* **3.** м у з. *Жалпы қолданылатын формадан ауытқып, еркін жазылатын музыкалық шығарма.*

**ФАНТАСМАГОРИЯ** [грек. phantasma – елес, agoreuō – айтамын] з а т. ф и л о с. *Қиял, сандырақ, елес; оптикалық аспаптар арқылы түрліше елестетіліп, көрсетілетін ғажайып көріністер.*

**ФАНТАСМАГОРИЯЛЫҚ** с ы н. *Фантасмагорияға тән.*

**ФАНТАСТ** [грек. phantastikos] з а т. *Шығармасын табиғи қалыптан тыс әсірелеп, қиялдан құрап жазатын жазушы.*

**ФАНТАСТИКА** [грек. phantastike] з а т. ә д е б. *Қиялдан шығарылған бейне, яғни табиғи қалыптан тыс, ой, елестету арқылы әсірелеп бейнеленетін шығарма.*

**ФАНТАСТИКАЛЫҚ** с ы н. *Фантастикаға қатысты, қиялға негізделген.*

**ФАНТОМ** [франц. fantome] з а т. *Адамның қиялынан туындаған таңғажайып елес, көрініс.*

**ФАНТОМДЫҚ** с ы н. *Фантомға тән, қатысты.*

**Фантомдық бұзылулар.** п с и х. *Жоқ дене мүшесі жағынан (мыс., қол не аяқ кесілгеннен кейін) болатын жалған түйсінулер (ауыру, қышу, анемия, сіңірі тартылып қалу және т. б.).*

**ФАНФАРА** [итал. fanfara] з а т. м у з. **1.** *Труба тәрізді етіп, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап керней.* **2.** *Салтанатты, шаттық жайда бірнеше кернеймен орындалатын қысқаша ғана музыкалық әуен.*

**ФАНФАРАЛЫҚ** с ы н. м у з. *Фанфарада ойналатын, фанфараға арналған.*

**ФАОЛИТ** з а т. х и м. *Сұйық резольды фенолформальдегидті шайырлар негізіндегі қышқылға тұрақты термореактивті пластмасса.*

**ФАР** [франц. phare] з а т. *Жолға жарық түсіру үшін көлік және ауылшаруашылығы мәшинелерінің алдыңғы жағына орнатылатын электршам; фара.*

**ФАРАДЕЙ** з а т. ф и з. *Электр зарядының бірліктердің халықаралық жүйесінен тыс бірлігі.*

**Фарадей заңдары.** ф и з. *Электролиттер арқылы электр тогы өткенде электродтарда бөлінетін не ыдырайтын заттардың мөлшерін (массасын) анықтайтын электролиз процесінің негізгі заңдары.*

**ФАРАҢ** з а т. к ө н е. *Еуропада жасалған тері.*

**ФАРАОН** [грек. pharaon] з а т. т а р. *Ертедегі Мысыр патшаларының құрметті атағы, перғауын.*

**ФАРАУАН** ү с т. е с к і к і т. *Мол, ағыл-тегіл.*

**ФАРВАТЕР** [голл. vaarwater] з а т. **1.** *Су асты және су үсті кедергілері арасынан кемелердің қауіпсіз жүзетін су жолы.* **2.** *Саяз сулы айдындарда кемелердің жүзуіне арналып тереңдетілген канал.*

**ФАРВАТЕРЛІК** с ы н. *Фарватерге қатысты, фарватерге тән.*

**ФАРИАД** з а т. е с к і к і т. *Айғай, жылау.*

**ФАРИНГАЛЬ: фарингаль дауыссыздар**. л и н г в. <грек. pharyngos> *Көмей дауыссыздары, тіл артының кейін шегініп, жұтқыншақ қуысының тарылуы арқылы жасалатын дауыссыздар.*

**ФАРИНГИТ** [грек. pharynx] з а т. м е д. *Жұтқыншақтың ішкі кілегейлі бетінің қабынуынан болатын ауру.*

**ФАРИСЕЙ** з а т. *Ертедегі еврейлердің саяси-діни партиясының мүшесі; жанама мағынасында жағымпаз, арам, екіжүзді адам дегенді білдіреді.*

**ФАРИЯД** ар.**: фарияд қылды.** е с к і к і т. д і н и. *Көңіл айтты, марқұмды жоқтады, Аллаға сиынып, зарлады.*

**Фарияд салды.** д і н и. *Жоқтады, зарлады.*

**ФАРҚАД** парс. з а т. е с к і к і т. *Ойын-сауық, рахат, ләззат.*

**ФАРМАКОЛОГ** з а т. м е д. *Дәрі-дәрмек, фармакология маманы.*

**ФАРМАКОЛОГИЯ** [грек. pharmacon – дәрі, logos – ілім] з а т. м е д. *Адам ағзасына әртүрлі дәрілік және биологиялық белсенді заттардың тигізетін әсерін зерттейтін, сондай-ақ дәрі-дәрмектің жаңа түрлерін іздеп табуды қарастыратын ғылым.*

**ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Фармакологияға қатысты.*

**ФАРМАКОПЕЯ** [грек. pharmakopoiia] з а т. *Дәрі-дәрмектер, олардың латынша және орысша аттары, химиялық құрамы, оларды дайындау, сақтау, қолдану тәсілдері туралы мәліметтердің жиынтығы.*

**ФАРМАН** [ир. فرمان] з а т. е с к і к і т. *Пәрмен, бұйрық, әмір, жарлық.*

**ФАРМАЦЕВТ** [грек. pharmakeia] з а т. м е д. *Дәрі-дәрмек жасайтын адам, маман.*

**ФАРМАЦЕВТИКА** зат. *Дәрі-дәрмектік заттарды зерттеу мен дайындау, жасау жайындағы ғылым.*

**ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ** сын. *Фармацевтикаға қатысты.*

**ФАРМАЦЕВТІК** сын. *Фармацевтке қатысы бар.*

**Фармацевтік химия.** хим. *Синтетикалық және табиғи дәрі-дәрмектік заттарды зерттейтін химия саласы.*

**ФАРМАЦИЯ** [грек. pharmakeia] зат. мед. *Дәрі дәрмектік заттарды зерттеу, дайындап сақтау жайлы ғылым саласы.*

**ФАРМКОМПАНИЯ** зат. *Дәрі-дәрмек шығарумен, тасымалдаумен, сатумен шұғылданатын коммерциялық ұйымдар.*

**ФАРС** [франц. farce] зат. әдеб. *Жеңіл күлкіге құрылған, жасанды оғаш қимыл-әрекеттерге орын беретін, мағынасы жағынан дөрекілеу келген пьеса.*

**ФАРСАХ** зат. ескікіт. *Жол қашықтығының 6–7 км шамасындағы өлшемі.*

**ФАРСАХТАЙ** сын. *Фарсах көлемінде, фарсах шамасында.*

**ФАРСЫ** зат. ***Парсы.***

**ФАРСЫША** үст. *Парсы тілі, парсы тілінше.*

**ФАРТУК** зат. сөйл. **1.** ***Алжапқыш*** *(жұмыс кезінде, үй ішінде ас дайындағанда алға тартатын киім).* **2.** тар. совет. *Кеңес дәуірі кезеңіндегі мектеп оқушылары қыздарының ақ матадан, гефюрден тігілген алжапқышы.*

**ФАРУАЗ** зат. *Наз, өлең-жыр.*

**ФАРУАЙ** ир.зат. ескікіт. ***Пәруай.***

**ФАРФОР** зат. **1.** *Ақ балшықтың ең таңдаулы түрінен жасалатын, су мен газды өткізбейтін минералды қоспа.* **2.** *Осындай қоспадан істелген ыдыс-аяқ, түрлі бұйым.*

**ФАРШ** [франц. farce] зат. тамақ. *Ас дайындау үшін арнаулы мәшинемен өте ұсақ етіп тартылған шикі ет.*

**ФАРШТАЛ=** ет. *Ет тартқыштан өткізілу, тартылу.*

**ФАРШТАУ** *Етті еттартқыш мәшинеден өткізу.*

**ФАРХ** ар. зат. діни. *Мұсылмандардың орындауға тиісті діни рәсімдері, парыз.*

**ФАРЫЗ** зат. көне. ***Парыз.***

**Фарыз уәжіп.** діни. *Міндет, парыз, жұк.*

**ФАС**[1] [франц. face] зат. *Бір нәрсенің маңдай алды, алдыңғы беті.*

**ФАС**[2] зат. экон. *Тауарды су жолымен жеткізуге байланысты сыртқы сауда саласында қолданылатын сатып алу-сату келісімшартының бір түрі.*

**ФАСАД** [франц. facade] зат. сәулет. *Үйдің, үлкен ғимараттың алдыңғы кіреберіс жағы.*

**ФАСЕТ** [франц. facette] зат. *Қандай да бір ортақтық белгісі (сипаттамасы, бөлінуге негізі) бар біркелкі терминдер тобы.*

**ФАСИЛИТАЦИЯ** [ағыл. facilitate] зат. пед. *Басқа адамның белсенді қатысуымен бір адамның немесе топтың іс-әрекетін жеңілдету процесі.*

**ФАСОЛЬ** [лат. phaseolus] зат. бот. *Бұршақ тектес біржылдық бақша өсімдігі, сондай-ақ осы өсімдіктің дәні.*

**ФАСОН** [франц. facon] зат. **1.** *Тігілген бұйымның пішім үлгісі.* **2.** *Киімінің сырт көрінісі, сәні.*

**ФАСОНДА=** ет. *Пішімін жаңа үлгіге салып, құбылтып тігу.*

**ФАСОНДЫ** сын. *Белгілі бір үлгіге, фасон, сәнге қатысты.*

**ФАСТНАХТШПИЛЬ** [нем. Fastnachtspiel] зат. *14-15 ғасырлардағы карнавал ойын-сауығының бір түрі.*

**ФАСТФУД** [ағыл. fast food] зат. *Жылдам тамақтану жүйесі; осындай жүйеде сатылатын тағамдар (хот-догтар, гамбургерлер т.с.с.).*

**ФАСЦИОЛЕЗ** зат. *Адамда және барлық малда кездесетін бауырқұрт ауруы.*

**ФАСЫЛ** [ар. فصل] зат. көне. **1.** *Жыл мезгілі.* **2.** *Бөлім, тарау.*

**ФАТА** зат. *Еуропа, Батыс елдері мәдениетіндегі қалыңдық қыз үйлену тойы кезінде киюі үшін жұқа жібек кездемеден, шілтерден тігілетін жамылғы.*

**ФАТАЛИЗМ** [лат. fatalis] зат. филос. *Әрбір оқиғаны және адамның әрбір әрекетін о баста бекітілген деп білетін, қалау еркі мен кездейсоқтықты жоққа шығаратын дүниетанымдық тұжырымдама.*

**ФАТАЛИСТ** зат. *Фатализмге бейім, нанғыш, діндар адам.*

**ФАТАЛИСТІК** сын. *Фатализмге қатысты.*

**ФАТИМИА** [ар. فاطمية] зат. діни. *X–XI ғасырларда фатимашылдар құрған халифаттың аты.*

**ФАТИХА** [ар. فاتحة] зат. ескікіт. **1.** *Құран кәрімнің бірінші сүресі.* **2.** ***Бата.***

**Фатиха сүресі**. діни. *Құран Кәрімнің беташар сүресі.*

**ФАТОС** зат. *Ерекше үн қатысу.*

**ФАТУА** [ар. فتوا] зат. *Шариғатты қолданған мүфтидің не қазіреттің тоқтамы, қорытындысы, шешімі.*

**ФАТХ** [ар. فتح] зат. **1.** *Ашу.* **2.** *Жеңіп алу, жеңіс.*

**ФАУНА** [лат. fauna] зат. биол. ***Мақлұқат*** *(белгілі бір аумақта мекендейтін не Жер тарихының белгілі бір кезеңінде тіршілік еткен барлық жануарлар түрлерінің жиынтығы).*

**ФАУНАЛЫҚ** сын. ***Мақлұқаттық*** *(фаунаға қатысты).*

**Фауналық аймақ**. *Жер шарын фаунасының ерекшеліктеріне қарай аудандастырудың негізгі бірлігі.*

**ФАУСТПАТРОН** [нем. Faustpatrone] зат. әск. *Неміс-фашист армиясы 1945 ж. тұңғыш рет қолданған кері теппейтін (реактивті) қол қаруы.*

**ФАУСТЫҚ: фаустық мәдениет.** филос. *Рухани-шығармашылық мүмкіндігін сарп етіп, өлі өркениеттілік күйге өтіп бара жатқан, табиғатқа өктемдік жасауға бейімділігімен ерекшеленетін қазіргі батыстық мәдениет.*

**ФАХВЕРК** [нем. Fachwerk] зат. сәулет. **1.** *Құрылыс сыртынан салынатын қорғаныш конструкцияның қаңқасы.* **2.** *Каркас үй қаңқасының бір түрі.*

**ФАХР** зат. сөйл. ***Пақыр.***

**ФАҺАМ** [ар. فهم] зат. *Сөз қадірі, пайымы.*

**ФАҺАНА** зат. ескі кіт. *Бәһана, бөле-жала.*

**ФАҺИМ** ар. зат. ескі кіт. *Түсінік, пайым, зейін, ой.*

**ФАҺЫМ** [ар. فهم] зат. ескі кіт. ***Пайым.***

**ФАҺІМЛІ** сын. ескі кіт. *Пайымды, парасатты.*

**ФАЦИЛИТАЦИЯ** [ағыл. facilitate] зат. саяси. *Субъект әрекетінің әсерлілігін арттыру, басқа адамдардың алдында әрекет етуін психологиялық тұрғыда жеңілдету.*

**ФАЦИЯ** [лат. facies] зат. геогр. **1.** *Жаyын-шашын жиналуының физикалық-географиялық жағдайы.* **2.** *Белгілі бір физикалық-географиялық жағдайда пайда болатын тау жынысы немесе түнба.* **3.** *Ландшафттануда – географиялық ландшафттың қарапайым морфологиялық бірлігі.* **4.** *Шөгіндінің не шөгінді таужыныстың шөгіндену не түзілу жағдайын айна-қатесіз анықтайтын болмыс-бітім ерекшеліктерінің жиынтығы.*

**ФАЦИЯЛЫҚ** сын *Фацияға тән, фацияға қатысты.*

**Фациялық баламалар.** геол. *Таужыныстардың литологиялық-фациялық тұрғыдан бір-біріне ұқсас бірлестіктері.* **Фациялық ерекшеліктер.** геол. *Магмалық таужыныстардың, денелердің, бірлестіктердің өз жаралуының фациялық жағдайларынан туындайтын қасиеттері – олардың минералдық құрам ерекшеліктері, құрылымдары, бітімдері, магмалық дене болмысында орналасу ерекшеліктері, жапсарлық әсер, автометаморфизм және қосалану сипаттары және т.б.* **Фациялық жағдайлар.** геол. *Магмалық, таужыныстардың, денелердің, бірлестіктердің қалыптасу ерекшеліктерін анықтайтын геологиялық жағдайлар жиынтығы – магмалық денелер мөлшері мен олардың астасу пішіндері, жаралу тереңдігі, кіріктіруші таужыныстармен әрекеттесу және жапсарласу сипаттары және т.б.* **Фациялық қатар (тізбек).** геол. *Геологиялық формациялардың құрамбөліктері болып табылатын, геологиялық көнелігі бір-бірімен тұстас болғанымен, құрамдық және құрылымдық өзгешеліктері бар, бір-бірін кеңістікте алмастырып отыратын таужыныстар жиынтығы.* **Фациялық талдау.** геол. *Шөгіндінің өткен геологиялық кезеңдердегі физикалық-географиялық жағдайын анықтау үшін қолданылатын әдістер мен арнайы әдістемелердің жиынтығы.*

**ФАШ** [ир. فاش]: **фаш етті**. сөйл. ***Паш етті.*** а) *Жұрт алдында сырын әшкере етті, ашты, айыбын бетке басты.* ә) *Жұртқа мәлім қылды, әйгіледі.*

**ФАШИЗМ** [итал. fascismo] зат. **1.** *Билікті сакрализациялау, мемлекеттің, оның диктаторлық функцияларының қызметінің күшеюі, демократиялық еркіндіктермен күрес, адам құқығын күрт шектеуі, шовинизм, расизм, экстремистік ұлтшылдық, элитаризм, әскери агрессияға талпыну сияқты қатал реакциялық тәртіп орнату және агрессиялық соғыстар жүргізу мақсатына бағытталған буржуазияның саясатын ашықтан-ашық қолдайтын террорлық диктатура.* **2.** *Неміс басқыншылары.*

**ФАШИСТ** зат. *Фашизмді жақтаушы; фашистік германия басқыншылары. // Қанышезер, арам.*

**ФАШИСТЕНДІР=** ет. *Бір жерге фашизмді енгізу.*

**ФАШИСТЕНДІРУ** *Фашистендір етістігінің қимыл атауы.*

**ФАШИСТІК** сын. *Фашизмге қатысты, соған тән.*

**ФАЭТОН** [грек. phaethon] зат. *Серіппелі жеңіл арба, күйме.*

**ФАЯЛИТ** зат. геол. *Алғаш Азор түбегіне жақын жердегі Фаял аралынан табылған, оқшауланған силикаттар тобына жататын минерал.*

**ФАЯНС** [франц. faïence] зат. *Гипс қоспасына басқа заттарды араластырып иленетін саз балшық. // Осындай сазбалшықтан жасалған (ыдыс-аяқ).*

**ФӘЛӘК** зат. сөйл. ***Пәлек.***

**ФӘЛСАПА** [ар. فلسفة] зат. сөйл. ***Философия.***

**ФӘЛСАФА** зат. сөйл. ***Философия.***

**ФӘН** зат. ***Пән.***

**ФӘНИ** зат. **1.** ***Пәни*** *(тұрағы жоқ баянсыз, алдамшы дүние, жалған).*

**Фәнидің жүзінде.** көне. *Тіршілік, өмірде, дүниеде, бұл жалғанда.* **Фәни жалған [дүние, тірлік].** көне. *Опасыз, тұрақсыз өмір.*

**ФӘРАҢ** зат. ***Фараң.***

**ФӘРДА** [ир. فردا] зат. көне. **1.** *Ертең, ертеңгі күн.* **2.** аyыс. *Келешек.*

**ФӘРЗАНА** [ир. فزانه] сын. көне. **1.** *Данышпан, ғалым.* **2.** *Ақылды, есті, парасатты.*

**ФӘРИДА** [ар. فريدة] зат. көне. **1.** *Інжу, моншақ.* **2.** *Сирек, теңдесі жоқ зат, өте сирек, бірден-бір.*

**ФӘРИЯД** [ир. فرياد] зат. көне. *Тілек, сиыну түрінде айтылатын зар, үн.*

**ФӘРҚ** сөйл. ***Парық.***

**ФӘРМӘН** зат. сөйл. ***Пәрмен.***

**ФӘРУАЗ** зат. ескікіт. ***Наз.***

**ФӘТӘНАТ** [ар.] зат. діни. *Тек қана пайғамбарларға тән зеректік, ерекше зейінділік.*

**ФӘТУА** зат. сөйл. ***Пәтуа.***

**ФӘҺІМ** [ар. فهم] зат. ескікіт. *Пайым, қадір, зерде.*

**ФЕВРАЛЬ** зат. сөйл. ***Ақпан айы.***

**ФЕДДАН** [ар. فدان] зат. көне. *Жер өлшемі.*

**ФЕДЕРАЛДЫ** сын. *Одақ боп біріккендікті білдіретін, құрама.*

**ФЕДЕРАЛДЫҚ** сын. *Федерацияға қатыстық, соған тиісті.*

**Федералдық бюджет**. экон. *Мемлекеттік құрылыстың федерациялық нысаны бар мемлекеттердегі орталық үкіметтің бюджеті.*

**ФЕДЕРАЛИЗМ** [франц. federalisme] зат. саяси. **1.** *Конституцияда немесе келісімде көрсетілген мәселелер бойынша оның құрамдас аумақтық бөліктері жекелеген дербестіктерге ие мемлекеттің ішкі құрылымын құру және қызмет ету әдісі.* **2.** *Кейбір көпұлтты мемлекеттердегі федерацияны жақтайтын қозғалыс.*

**ФЕДЕРАТИВТІ** сын. саяси. *Федерацияға қатысты.*

**Федеративті мемлекет.** саяси. *Заңдық тұрғыда белгілі дәрежеде саяси дербестігі бар жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған күрделі одақтық мемлекет.*

**ФЕДЕРАТИВТІК** сын. саяси. *Федерацияны білдіре алатын, соған тән.*

**ФЕДЕРАЦИЯ** [лат. foederatio] зат. саяси. **1.** *Заңдық тұрғыда белгілі дәрежеде саяси дербестігі бар жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған күрделі одақтық мемлекет.* **2.** *Жеке қоғамдар мен ұйымдардың одағы.*

**ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Федерацияға қатысты, соған тән.*

**ФЕЕРИЯ** [франц. feerie] зат. өнер. **1.** *Ерекше қойылымдық эффект тудыруға негізделген театр ойын-сауығының бір жанры.*

**ФЕЙЕРВЕРК** [нем. Feuerwerk] зат. ***Отшашу*** *(той, салтанат кезінде әртүрлі дәрілік қоспаларды тұтатқаннан, жаққаннан болатын алуан түсті жарық).*

**ФЕЙЕРВЕРКЕР** [нем. Feuerwerker] зат. әск. *Патша армиясындағы артиллерияның унтер-офицері.*

**ФЕЙХОА** [исп. feijoa] зат. өс. *Жемісі сопақша келген, жасыл не сарғыш жасыл түсті, сырты кедір-бұдыр болып келетін, шырыны мол, дәмі тәтті, қышқылтым, жағымды иісі бар Грузияда, Сочи аудандарында өсірілетін ағаш, жеміс ағашы.*

**ФЕЛЛАХ** зат. *Араб елдеріндегі жер шаруашылығымен шұғылданушы диқандар.*

**ФЕЛЬДМАРШАЛ** [нем. Feldmarschall] зат. *Ерте кездегі Ресейде және кейбір шетел армиясында болған жоғары әскери шен, сондай-ақ осы шенді иемденген адам.*

**ФЕЛЬДФЕБЕЛЬ** [нем. Feldwebel] зат. әск. *Патшалы Ресей және кейбір шетелдік армиясындағы унтер-офицер рота командирінің көмекшісі.*

**ФЕЛЬДШЕР** [нем. Feldscher] зат. мед. *Медициналық орта білімі бар, ауылдық жерлерде, медициналық пункттерде істейтін адам, дәрігердің көмекшісі.*

**ФЕЛЬДШЕРЛІК** сын. *Фельдшерге қатысты, соған тиісті.*

**ФЕЛЬДШПАТОИДТАР** [нем. Feldspat – дала шпаты, грек. eidos – түр] зат. хим. *Химиялық құрамы жағынан кремний қышқылына қанықпаған тау жыныстарын түзуші минералдардың (сілтілі алюмосиликаттар) тобы.*

**ФЕЛЬДЪЕГЕРЬ** [нем. Feldjäger] зат. әск. *Өте маңызды, жауапты шаруаны орындаушы әскери не үкімет шабарманы.*

**ФЕЛЬЕТОН** [франц. feuilleton] зат. әдеб. *Көркем әдебиеттегі сықақ сайқымазақ жанры.*

**ФЕЛЬЕТОНИСТ** зат. *Фельетон жазумен айналысатын автор, фельетоншы.*

**ФЕЛЬЕТОНШЫ** зат. *Фельетон жазушы.*

**ФЕЛЬЗИТ** [нем. Felsit] зат. геол. *Кварц пен дала шпатының ұсақ түйіршікті агрегаттарынан тұратын қышқыл жанартаулық ашық түсті тау жынысы.*

**ФЕМИНИЗАЦИЯ** зат. *Қоғамда әйелдер рөлінің артуы.*

**ФЕМИНИЗМ** [франц. feminisme] зат. *Қоғамның барлық салаларында әйелдердің ерлермен теңесуге талпынуы; әйелдерді кемсітушілікті жою және олардың құқын ерлермен теңестіруді көздеген әйелдер қозғалысы.*

**ФЕМИНИСТ** зат. *Феминистік көзқарастағы адам.*

**ФЕМИНИСТІК** сын. *Феминизмге тән, феминизмге қатысты.*

**ФЕН**[1] [ағыл. fan] зат. *Шаш кептіруге арналған электрлік құрал.*

**ФЕН**[2] зат. биол. *Генотип арқылы анықталатын белгінің көрінісі.*

**ФЕНАЗИН** [ағыл. penazine] зат. хим. *Гетероциклді азоты бар қосылыс.*

**ФЕНАКИТ** [грек. phenax (phenakos)] зат. хим. *Силикаттар класына жататын минерал.*

**ФЕНАНТРЕН** зат. хим. *C14H10 - конденсацияланған ароматты көмірсутек.*

**ФЕНАЦЕТИН** зат. *Денеде антиприн сияқты әсер тигізетін түссіз, жылтыр кристалл.*

**ФЕНВАЛЕРАТ** зат. хим. *Фототұрақты пиретроид, май қышқылы туындысының ароматты эфирі; мақта өсімдігі және басқа ауыл шаруашылығының өсімдіктер зиянкестеріне қолданылатын орташа уытты инсектицид.*

**ФЕНИКС** [грек. phoinix] зат. миф. *Ежелгі грек мифологиясында өзі отқа жанып кетіп, күлінен қайта тірілетін құс.*

**ФЕНИЛ** зат. хим. *Бензолдың бір валентті ароматты радикалы, жиынтық формуласы C6H5.*

**ФЕНИЛДИАМИНДЕР** зат. хим. *CeH4(NH2)2 – ароматты аминдердің о-, м-, п-изомерлер тобы.*

**ФЕНИЛДИХЛОРСИЛАН** зат. хим. *Қайнау температурасы 181,5°C, салғырт органикалық еріткіштерде еритін сұйық зат – C6H5SiHCl2.*

**ФЕНОБЛАСТАР** зат. геол. *Порфиробластар терминінің синонимі.*

**ФЕНОГЕНЕТИКА** зат. биол. *Организмнің жеке дамуы (онтогенез) барысында генотиптің рөлін зерттейтін генетика ғылымының бір тармағы.*

**ФЕНОКОПИЯ** [грек. phaino – жарықтандыру, көрсету, лат. copia – жиынтық] зат. биол. *Сыртқы орта факторларының және қандай да болмасын тұқым қуалайтын мутацияның әсерінен пайда болатын организм фенотипінің тұқым қуаламайтын өзгерісі (модификациясы).*

**ФЕНОКРИСТЕР** зат. геол. *Магмалық таужыныстар құрамында өздеріне қарағанда тығыздау ұсақ түйірлі немесе шыны тектес масса арасынан ұшырасатын, мөлшері мен идиоморфизмі тұрғысынан анық ерекшеленетін жеке сеппелер.*

**ФЕНОКСАЗИН** зат. хим. *Оттекті және азотты гетероциклді қосылыс, хинониминді бояғыштар қатарының құрылым фрагменті.*

**ФЕНОЛ** [грек. phaino – жарықтандыру, көрсету, лат. ol(eum) – май)] зат. хим. *Бензолмен тікелей байланысқан гидроксил тобы бар органикалық қосылыс.*

**ФЕНОЛОГ** зат. *Фенология ғылымының маманы.*

**ФЕНОЛОГИЯ** зат. *Жануарлар мен өсімдіктер тіршілігінде болатын құбылыстардың заңдылықтарын жыл мезгіліне байланыстыра зерттейтін биология ғылымының бір тарауы.*

**ФЕНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Фенологияға тән.*

**Фенологиялық карталар.** *Органикалық дүниенің маусымға сай өзгеріп отыруын, өсімдіктер мен жануарлардың даму сатыларының басталуын бейнелейтін карталар.*

**ФЕНОЛФТАЛЕИН** зат. хим. *Полифункциялы, көп ядролы ароматты қосылыс; сілтілік ортада өзінің түсін ақтан таңқурай қызылға дейін өзгертетін индикатор.*

**ФЕНОЛЯТТАР** зат. хим. *Фенолдардың гидроксил тобындағы сутектің орнын басу өнімдері.*

**ФЕНОМЕН** [грек. phainomenon] зат. **1.** филос. *Объективтік шындықты қамтымай, тәжірибеде, сезімдік тануда берілген құбылысты білдіретін философиялық ұғым.* **2.** ауыс. *Өмірде сирек кездесетін, ерекше жаралған, көрнекті адам, небір ғажап таңғаларлық нәрсе.*

**ФЕНОМЕНАЛДЫ** сын. *Өмірде сирек кездесетін, таңғаларлық ерекше, айрықша нәрсе.*

**ФЕНОМЕНОЛОГИЯ** [грек. phainomenon – болмыста бар, logos – ілім] зат. филос. *Сананың әлемді қабылдауын, әлемнің санада құбылуын зерттеу арқылы нағыз танымға, шынайы ақиқатқа жетуді көздейтін 20 ғ. философиясындағы ықпалды бағыт.*

**ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. филос. *Феноменологияға тән, феноменологияға байланысты.*

**ФЕНОМЕНОЦЕНТРИЗМ** зат. пед. *Өзінің жекелей, тікелей тәжірибесін психиканың ақиқат аспектілерін аңғартатын тәжірибе деп қарастыратын беталыс.*

**ФЕНОПЛАСТАР** зат. *Фенол-формальдегидті шайырлар негізіндегі термореактивті пластмассалар.*

**ФЕНОТИАЗИН** зат. хим. *Күкіртті бояғыштар, дәрі-дәрмектік заттар алуда, полимерленудің тежегіші, антиоксидант ретінде қолданылатын гетероциклді қосылыс.*

**ФЕНОТИАЗИНДЕР** зат. мед. *Психологиялық ауру кезінде, әсіресе шизофрения кезінде жағдайды жеңілдету үшін қолданылатын антипсихоздық дәрілік заттардың негізгі тобы.*

**ФЕНОТИП** [грек. phaino – байқаймын, typos – таңба, нысан, үлгі] зат. биол. *Организмнің бақылауға келетін кез келген морфологиялық, физикалық, мінез-құлықтық нышаны.*

**ФЕНХЕЛЬ** [нем. Fenchel] зат. өс. *Шатыршагүлділер тұқымдасы, бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы; биіктігі екі метрдей, жапырағы тілімденген, гүлдері сары, шатырша болып орналасқан, жемісі екі дәнді, дәрілік қасиеті бар өсімдік.*

**ФЕОД** [лат. feodum] зат. *Батыс Еуропада орта ғасырлардың алғашқы кезеңінде болған ақсүйек тұқымы өзінің әулетіне қызмет ету (көбінесе әскери қызмет ету) шартымен мұраға қалдырған жер иелігі.*

**ФЕОДАЛ** [лат. feodalis] зат. *Феодализм кезінде басыбайлы шаруалардың еңбегін қанаушы ірі жер иесі, бай-манап, алпауыт.*

**ФЕОДАЛДЫҚ** сын. *Феодалға тән, соған қатысты.*

**Феодалдық қоғам.** тар. *Тарихи дамудың капитализмге дейінгі қоғамдық формациясы.*

**ФЕОДАЛИЗМ** [лат. feodum] зат. саяси. *Жер, өндіріс құрал-жабдықтары, басыбайлы шаруалар түгелдей ірі феодалдардың тәуелсіздігіне негізделген капитализм алдындағы әлеуметтік-экономикалық фармация.*

**ФЕРГУСОНИТ** зат. хим. *Күрделі оксидтер тобына жататын минерал.*

**ФЕРҒАУЫН** зат. сөйл. ***Перғауын.***

**Ферғауын болып кетсең де.** *Бұрынғы уақыттағы ауызекі тілдегі «қандай күшті болсаң да» деген мәнде айтылған қолданыс.*

**ФЕРДАУСИ** ар. зат. ескікіт. *Ұжмақ, ұжмақтық, ұжмақ бағы [Құран Кәрім бойынша жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы – Фердаус. Бертін келе мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фердаус» сөзі мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символы ретінде қолданылады].*

**ФЕРЗЬ** зат. *Шахмат ойынындағы ең күшті фигура.*

**ФЕРМА**[1] [лат. ferma] зат. ауылшар. **1.** *Ауылшаруашылығының мал өсірумен шұғылданатын бөлімшесі.* **2.** *Капиталистік қоғамда жеке адамдардың өз жерінде не жалға алған жерде жүргізетін жекеменшікті ауылшаруашылық кәсіпорны.*

**ФЕРМА**[2] [франц. ferme] зат. *Темірден, түзу стерженьдерден, бетоннан құрсаулы не қырлы жуан ағаштан мықтап жасалған құрылыс.*

**ФЕРМЕНТ** [лат. fermentum] зат. биол. *Тірі ағзалар денесінде болатын, организм алмасуын реттеп тұратын күрделі органикалық заттар.*

**Ферментті электрод.** физ. *Электродтық, реакцияға қатысушылардың бірі фермент болып келетін электрод.*

**ФЕРМЕНТАЦИЯ** [лат. fermentare] з а т. *Ферменттердің әсерінен органикалық заттардың ыдырау процесі.*

**ФЕРМЕНТТЕН=** ет. *Тірі клеткалардан органикалық зат бөліну.*

**ФЕРМЕНТТЕНУ** *Ферменттен етістігінің қимыл атауы.*

**ФЕРМЕР**[1] [ағыл. farmer] з а т. *Жекеменшікті ауылшаруашылық фермасының иесі, жерді жалға алушы.*

**ФЕРМЕРЛІК** с ы н. *Фермерге қатысты, соған тән.*

**ФЕРМИ** з а т. ф и з. *Ұзындықтың жүйеден тыс бірлігі.*

**ФЕРМИЙ** з а т. х и м. *Жасанды жолмен алынған радиоактивті химиялық элемент.*

**ФЕРОМОН** [грек. phero – іздестіру, бірге алып жүру, hormao – қозғалысқа келтіремін] з а т. б и о л. *Қоршаған ортаға кейбір жануарлар түрлері бөлетін биологиялық белсенді заттар.*

**ФЕРРАТТАР** з а т. х и м. *Бос күйінде алынбаған темір қышқылының $H_2FeO_4$ тұздары.*

**ФЕРРИТТЕНУ** з а т. *Темірлену деген ұғымды білдіретін термин; темір тотығымен қаныққан тaужыныстардың жаппай қалыптасуына жағдай туғызатын тотығу белдемдерінің беткі бөлігінде болатын процесс.*

**ФЕРРИТТЕР** [лат. ferrum] з а т. х и м. *Темір (III) оксидінің басқа металдар оксидтерімен химиялық қосылыстары.*

**ФЕРРО...** [лат. ferrum] *Темірге қатысы бар химиялық, техникалық т.б. терминдердің (мыс., ферромагниттілік, феррит, ферроқорытпалар, т.б.) құрамдас бөлігі.*

**ФЕРРОБАЛҚЫТУ** с ы н. *Темір, мыс қорытпаларын дайындайтын.*

**ФЕРРОГРАФИЯ** [ағыл. ferrography] з а т. и н ф. *Ақпаратты ферромагнитті ұнтақ көмегімен жазу.*

**ФЕРРОЗОНД** з а т. ф и з. *Магнит өрісінің кернеулігі мен градиенттерін өлшеуге арналған аспап.*

**ФЕРРОҚОРЫТПАЛАР** з а т. х и м. *Болатты қышқылсыздандыру және легирлеу үшін пайдаланылатын темір мен басқа элементтердің қорытпалары.*

**ФЕРРОҚҰЙМАЛАР** з а т. х и м. *Темірдің басқа элементтерімен құймасы.*

**ФЕРРОМАГНИТ** з а т. г е о л. *Магнит өрісінде жаңадан магниттелу және магнит өрісі жоғалғаннан кейін де осы қасиетінің жұрнағын сақтап қалу қабілеті бар з а т.*

**ФЕРРОМАГНИТТІЛІК** з а т. ф и з. *Атомдарының магнит моменттері параллель бағытталған, өздігінен магниттеле алатын, магниттелуі реттелген заттың күйі.*

**ФЕРРОСИЛИЦИЙ** [нем. Ferrosilizium] з а т. х и м. *Темір мен кремний құймасы.*

**ФЕРРОСПЛАВ** з а т. *Темірді басқа металдарға қосып балқытқаннан шығатын қорытпа.*

**ФЕРРОЦЕН** з а т. х и м. *$C_5H_5Fe$ - темірдің сэндвичті қосылысы, полимерлер.*

**ФЕРСИНГ** з а т. с п о р т. *Бокстағы қатты қарқынмен шапшаң орындалатын үздіксіз шабуыл жасау әдісі.*

**ФЕРТИЛЬДІЛІК** з а т. б и о л. *Ағзаның тіршілікке қабілеті бар ұрпақ беру қасиеті.*

**ФЕСТИВАЛЬ** [ағыл. festival] з а т. *Көркемөнердің әр алуан түрлеріне байқау жүргізе отырып, оларды көпшілікке көрсететін сауық, қоғамдық мереке.*

**ФЕСТИВАЛЬДЫҚ** с ы н. *Фестивальға қатысты.*

**ФЕТИШ** [франц. fetiche] з а т. **1.** *Алғашқы қоғам адамдарының киелі деп табынатын киелі заты.* **2.** а у ы с. *Қалтқысыз сенуге болатын, даулаcуға келмейтін нәрсе деп танылған зат не құбылыс.*

**ФЕТИШИЗМ** [франц. fetichisme] з а т. ф и л о с. **1.** *Алғашқы қоғам адамдары киелі, аруақты деп табынған жансыз бұйымдар.* **2.** а у ы с. *Соқыр сенімге айналған ұғым, түсінік.*

**ФЕТИШТЕН=** е т. *Фетишке айналу.*

**ФЕТИШТІК** с ы н. *Фетишке қатысты, фетишизмге тән.*

**ФЕТР** [франц. feutre] з а т. *Биязы жүннен тығыздап, шиірақ басылған киіз, қалпақ жасауға арналған киіздің жұқа, тығыз сорты.*

**ФЕХРАЛЬ** з а т. х и м. *Меншікті электр кедергісі жоғары, темір негізіндегі 8– 15% хром және 3,5–5,5% алюминий қосылған, ыстыққа берік қорытпалар тобының атауы.*

**ФЕХТОВАНИЕ** [нем. Fechten] з а т. с п о р т. *Рапира, эскадрон қылыштарымен сайысатын спорт ойыны.*

**ФЁН** [нем. Föhn] з а т. г е о л. *Көптеген тау жүйелеріндегі аңғарға қарай соғатын (температурасы жоғары, ылғалдылығы төмен) күшті жел.*

**ФИ** [ар. فاء] *Араб алфавитіндегі «ф» дыбысының айтылуы.*

**ФИАЛКА** [лат. viola] з а т. ө с. *Күлгін, сары, ақ гүлді шөптесін өсімдік, гүл.*

**ФИАНИТ** з а т. м и н. *Цирконийдің кубтық оксиді болып саналатын жасанды жолмен алынған (1976) минерал.*

**ФИБРИН** [лат. fibra] з а т. *Қан плазмасының белогы.*

**ФИБРОЛИТ** [лат. fibra – талшық, грек. lithos – тас] з а т. х и м. *Портландцемент сіңірілген ағаш үгінділерін жаншып жасаған табақша; жылу және дыбыс өткізбейтін, отқа шыдамды жеңіл з а т.*

**ФИГУРА** [лат. figura] з а т. **1.** м а т. *Геометрияда жазықтықтың тұйық сызықпен шектелген бір бөлігі немесе белгілі бір тәртіппен орналасқан нүктелердің, сызықтар мен беттердің, денелердің жиынтығы.* **2**. *Кітаптағы мәтін ішінде берілген сызбалардың аты.* **3.** а у ы с. *Адамның дене бітімі, сыртқы келбеті.* **4.** *Шахмат тастарының (король, ферзь, ладья, ат, піл секілділерінің) пешкалардан өзге жалпы атауы.* **5.** ә д е б. *Сөздердің мәнерлілігін арттыра түсетін сөз орамдары мен сөз тіркестерінің айрықша синтаксистік құрылысы.*

**Фигурасы бұзылды.** с ө й л. *Мүсіні бұзылды.*

**ФИГУРИСТ** з а т. с п о р т. *Конькиді мәнерлеп тебуден шебер адам.*

**ФИҒЫЛ**[1] [ар. فعل] з а т. е с к і к і т. *Іс, әрекет.*

**ФИҒЫЛ**[2] [ар. فعل] з а т. е с к і к і т. *Пиғыл, пейіл.*

**ФИДА** з а т. е с к і к і т. ***Пида.***

**Фида қылды.** е с к і к і т. *Құрбан етті, жанын салды, аянбады.*

**ФИДАИ** [ар. فدائي] з а т. д і н и. *Қауым басының тапсырмасын орындау үшін үнемі өз өмірін өзі құрбандыққа шалған исмаилшылар.*

**ФИДЕИЗМ** [лат. fideisme] з а т. ф и л о с. *Әлемді рационалды тұрғыдан түсінетін ақыл-ойдан діни сенімді, осы негізде табылған шындықты жоғары қоятын философиялық ағымның жалпы атауы.*

**ФИДЕИСТ** з а т. *Фидеизмнің жолын қуған адам.*

**ФИДЕНКОМИСС** з а т. э к о н. *Мұраға қалдырушының мұраға қалдырылған мүліктің бір бөлігін не бәрін үшінші тұлғаға беру жөніндегі мұрагерге берген тапсырмасы.*

**ФИДЕР** [ағыл. feeder] з а т. **1.** *Энергетикада – электр стансысында өндірілген токты энергия үлестіргіш құрылғыға дейін жеткізетін кабельді немесе аспалы желі.* **2.** *Радиотехникада – радиожиілік диапазонындағы электрлік тербелістерді таратуға арналған сымдар желісі.*

**ФИДИЯ** з а т. д і н и. ***Підия*** *(өліктің кінәсін молдаға сату, күнәдан құтқару төлемі).*

**ФИДУСЬАНТ** з а т. э к о н. *Клиент.*

**ФИДУСЬЕР** з а т. э к о н. *Сенімгер тұлға.*

**ФИДУЦИЯ** з а т. э к о н. *Мәміле, шарт.*

**ФИДУЦИЯЛЫҚ: Фидуциялық эмиссия.** э к о н. *Эмиссиялық банктің босалқы металл қорымен қамтамасыз етілмеген банкноттық эмиссия.*

**ФИЗАЛИС** [грек. physalis] з а т. ө с. *Қызғылт шар тәрізді жемісі бар, шырмауықты, жіңішке ағаш тектес, бұтақты бақша өсімдігі.*

**Физалис жаңғағы**. ө с. *Алқалар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық, шырмауықты, жіңішке, ағаш тектес бұтақты бақша өсімдігі.*

**ФИЗИК** з а т. *Физиканың маманы.*

**ФИЗИКА** [грек. physike] з а т. **1.** *Материяның жалпы қасиеттерін, олардың қозғалысы мен өзгеру жолдарын, неорганикалық табиғат құбылыстарының жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым.* **2.** *Физика ғылымын түсіндіретін пән.*

**ФИЗИКА-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н. г е о г р. *Физикалық географияға қатысты.*

**ФИЗИКАЛИЗМ** з а т. *Ғылымдағы кез келген жайттардың дұрыстығын, ақиқаттығын тек физика тілінде ғана түсіндіруге болады деген неопозитивистік тұжырым.*

**ФИЗИКАЛЫҚ** с ы н. *Физикаға қатысты, физикаға байланысты.*

**Физикалық антропология**. *Адамды көбіне биологиялық және эволюциялық көзқарас тұрғысынан зерттеумен шұғылданатын антропология саласы.* **Физикалық география**. г е о г р. *Жердің географиялық қабығын зерттейтін жаратылыстану ғылымы.* **Физикалық географиялық белдеу.** г е о г р. *Географиялық қабықтанудың ең ірі бөліктері.* **Физикалық жад**. и н ф. <ағыл. physical (core) storage> *Компьютердің жедел және сыртқы жады.* **Физикалық жазба**. и н ф. *Компьютердің сыртқы және ішкі жадтары арасында мәліметтер алмасу бірлігі болып саналатын ақпарат мөлшері.* **Физикалық желі**. и н ф. <ағыл. physical line> *Терминалдарды компьютермен жалғастыру тәсілі [Терминалдарды арнайы электр кабелі арқылы тікелей қосады].* **Физикалық залалсыздандыру.** т е р м. *Ультракүлгін, радиациялық, лазерлік сәулелермен, ультрадыбыспен өңдеу; қайнату, өртеу, бумен немесе ыстық ауамен өңдеу т.б.* **Физикалық идеализм**. ф и л о с. *Физика ғылымдарының жетістіктерін субъективтік-идеалистік тұрғыдан бағалайтын философиялық ағым.* **Физикалық интерфейс.** и н ф. *Әртүрлі құрылғыларды байланыстыратын электрондық құралдар деңгейін анықтайтын интерфейс.* **Физикалық кинетика.** ф и з. *Молекулалық-кинетикалық теория негізінде заттағы тепе-теңдіктегі емес процестер қарастырылатын статистиканың физикалық бөлімі.* **Физикалық құрылғы**. и н ф. <ағыл. physical unit> *Белгілі бір қызметті орындайтын техникалық құрал.* **Физикалық өріс**. ф и з. *Материяның ерекше түрі; еркіндік дәрежесінің саны шексіз көп физикалық жүйе.* **Физикалық тұрақтылар**. ф и з. *Физикалық константалар – физикалық заңдар теңдеулерінің құрамына енетін және кейбір жағдайда физикалық процестер мен шағын нысандардың (микрообъектілердің) масштабтық сипаттамалары болатын сандық коэффициенттер.* **Физикалық үгілу.** *Ауа температурасының күрт өзгеруі мен ылғалдың араласуынан таужыныстардың шытынап жарылып, ұсақ кесектерге бөлінуі.* **Физикалық химия**. х и м. *Физиканың жалпы ұстанымдарына сүйене отырып, химиялық құбылыстарды түсіндіретін және олардың заңдылықтарын анықтайтын ғылым.*

**ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ** с ы н. *Физика мен химияға қатысты, ортақ.*

**Физика-химиялық талдау.** х и м. *Тепе-теңдіктегі жүйе қасиеттерінің күй параметрлеріне тәуелділігін зерттейтін талдау әдістерінің жиынтығы.*

**ФИЗИОГНОМИКА** [грек. physiognomike] з а т. п с и х. *Адамның ішкі сезімінің сырт көрінісі туралы ілім.*

**ФИЗИОКРАТИЯ** [грек. physis – табиғат, kratos – билік, өкімет] з а т. *Францияда 18 ғ-дың 2-жартысында дүниеге келген саяси экономияның екінші мектебі.*

**ФИЗИОКРАТТАР** з а т. с а я с и. *Жерді байлықтың бірден-бір көзі ретінде қараған және сондықтан да салық салуға тұрарлық деп санаған саяси-экономикалық ағым.*

**ФИЗИОЛОГ** з а т. *Физиология ғылымының маманы.*

**ФИЗИОЛОГИЯ** [грек. physis – табиғат, logos – ілім] з а т. б и о л. *Тірі организм мен оның жеке жүйелері, органдары, тіндері (ұлпалары) мен клеткаларының тіршілік әрекеттерін, қызметін, биологиялық маңызын және организмнің сыртқы ортамен қарым-қатынасы мен оған бейімделу процестерін зерттейтін ғылым.*

**ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Физиологияға қатысты, сонымен байланысты.*

**Физиологиялық акустика.** б и о л. *Жануарлардың дыбыс шығаруы мен қабылдауын зерттейтін акустика бөлімі.* **Физиологиялық ырғақ.** б и о л. *Тіршілік процестерінің орындалу заңдылығын бейнелейтін ағзаның әртүрлі функцияларының мерзімдік ауытқулары.*

**ФИЗИОТЕРАПЕВТ** з а т. м е д. *Физиотерапия маманы.*

**ФИЗИОТЕРАПИЯ** [грек. physis – табиғат, therapeia – қамқорлық] з а т. м е д. *Клиникалық медицинаның табиғи (су, ауа, күн сәулесі, күн шуғыласы) және жасанды (электр тоғы, сәуле қуаты, т.б.) факторлардың адам организміне тигізетін әсерін зерттеп, осы факторларды емдеу, аурудан сақтану мақсаттарына қолдану әдістерін іздестіретін бөлімі.*

**ФИЗИОТЕРАПИЯЛЫҚ** с ы н. *Физиотерапияға қатысты.*

**ФИЗКУЛЬТУРА** з а т. *Түрлі гимнастикалық жаттығулар арқылы адам дене бітімін жетілдіріп, нығайта түсетін дене тәрбиесі, пән.*

**ФИЗКУЛЬТУРАЛЫҚ** с ы н. *Физкультураға қатысты.*

**ФИЗКУЛЬТУРАШЫ** з а т. *Дене шынықтырумен, спортпен айналысатын адам.*

**ФИКОБИЛИНДЕР** [грек. phikos – балдыр, лат. bilis – өт] з а т. б и о л. *Балдырларға тән қызыл, қоңыр, көк пигменттер.*

**ФИКС** [франц. fixer] з а т. э к о н. **1.** *Тауарлардың белгіленген бағасы.* **2.** *Белгілі бір жұмыс түрі үшін сыйақының, төленетін ақының дәл белгіленген мөлшері.*

**ФИКСАЖ** [франц. fixage] з а т. *Сурет үлдірін шаятын немесе ондағы сурет кескінін бекіте түсетін химиялық ерітінді.*

**ФИКСАНАЛ** з а т. х и м. *Бітеу шыны ампулада сақталатын (әдеттегі мөлшері 0,1 моль) химиялық заттар.*

**ФИКСИЗМ** [лат. fixus] з а т. г е о л. *Геотектоникалық гипотеза.*

**ФИКСИНГ** [ағыл. fixing] з а т. э к о н. *Әрбір валюта бойынша сұраным мен ұсынымды дәйектілікпен салыстыру арқылы валюталардың банкаралық бағамын анықтап, тіркеуден тұратын баға белгілеу тәртібі.*

**ФИКУС** [лат. ficus] з а т. ө с. **1.** *Қысы-жазы үй ішінде сән үшін өсірілетін ірі жапырақты тропиктік ағаш.* **2.** *Тұт тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар [Тропиктік, аздаған түрі субтропиктік аймақтарда өседі].*

**ФИКХ** [ар. فقه] з а т. д і н и. *Мұсылмандық тәртіп және құқық туралы шариғат ілімі.*

**ФИЛАНТРОП** [грек. philanthropos] з а т. *Филантропиямен айналысатын адам; қайырымдылық қызметпен айналысушы адам.*

**ФИЛАНТРОПИЯ** [грек. philantropia] з а т. *Қоғамдық маңызға ие іс-әрекет түрлеріне (мәдени ескерткіштер мен мұраларды қорғау, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету және т.б. сынды) қол ұшын беріп, көмек көрсету түрі.*

**ФИЛАНТРОПИЯЛЫҚ** с ы н. *Филантропияға қатысты, соған тән.*

**ФИЛАНТРОПИЯШЫЛДАР** з а т. *Филантропия жолындағы адам, топ, филантропизмді жақтаушылар.*

**ФИЛАРМОНИЯ** [грек. phileo – сүйемін, harmonia – үйлесімділік] з а т. *Концерттер ұйымдастырып, музыка өнерін насихаттаумен айналысатын ұйым, мекеме.*

**ФИЛАРМОНИЯЛЫҚ** с ы н. *Филармонияға қатысты.*

**ФИЛАТЕЛИСТ** з а т. *Филателиямен айналысушы, сонымен әуестенуші адам.*

**ФИЛАТЕЛИЯ** [грек. phileo – сүйемін, ateleia – төлемнен босау] з а т. *Неше түрлі пошта, ақша маркаларын т.б. топтамасын жинау ісі.*

**ФИЛЕ** [франц. filet] з а т. **1.** *Сүйек, қылтанақтан ажыратылған балық еті.* **2.** *Мал сүбесі, жұмсақ ет.*

**ФИЛИАЛ** [лат. filialis] з а т. *Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік міндетін жүзеге асырушы оқшау бөлімшесі.*

**ФИЛИРОВКА** з а т. *Шашты жұқалап қию әдісі.*

**ФИЛИСТЕР** [нем. Philister] з а т. ф и л о с. *Мәдени таным шеңбері тар, көрген-білгенінің аздығына қарамастан, өзіне-өзі көңілі толы, екіжүзді мінез көрсететін адам.*

**ФИЛЛАХ** з а т. *Адам, халық, көпшілік, бұқара.*

**ФИЛЛИТ** [грек. phyllon] з а т. г е о л. *Кварц пен серициттен тұратын, кейде хлориттің, биотиттің және альбиттің азын-аулақ қоспаларын кіріктіретін қоңыр реңді біршама тығыз жікжапсарлы метаморфтық таужыныс.*

**ФИЛЛИТТЕНУ** з а т. г е о л. *Сазды тақтатастардың аймақтық метаморфизм салдарынан өзгерістерге ұшырау процесі [Сазды тақтатастардың тығыздала түсуімен, оларға тиесілі минералдардың қайтадан кристалдануымен, яғни сазды минералдардың жаппай серицитке, биотитке және хлоритке айналуымен сипатталады].*

**ФИЛЛОНИТ** з а т. г е о л. *Сырт көрінісі филлитке ұқсас, бірақ миллониттену процесі нәтижесінде қалыптасқан таужыныс.*

**ФИЛОГЕНЕЗ** [грек. phyle – туыс, тайпа, genesis – шығу тегі] з а т. б и о л. *Жалпы тірі организмдердің және олардың жеке жүйелік топтарының (тип, бөлім, класс, отряд, қатар, тұқымдас, т.б.) тарихи дамуы.*

**ФИЛОГЕНИЯ** з а т. *Организмдердің түрлерінің, туыстарының, тұқымдастарының, қатарларының (отрядтар), кластарының, бөлімдерінің, патшалықтарының тарихи дамуы.*

**ФИЛОЛОГ** [грек. phylologos] з а т. *Тіл мен әдебиет ғылымдарын зерттеуші маман.*

**ФИЛОЛОГИЯ** [грек. phileo – сүйемін, logos – ілім] з а т. *Жазба ескерткіштердің тілін, стилін, тарихын, жалпы халық мәдениетін (тіл мен әдеби шығармалар арқылы танылатын байлығын) зерттейтін тіл мен әдебиет ғылымдарының жиынтық аты.*

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ** с ы н. *Филологияға қатысты, соған тән.*

**ФИЛОКАРТИСТ** з а т. *Филокартиямен айналысушы, жинаушы.*

**ФИЛОКАРТИЯ** [грек. phileo – сүйемін, франц. carte – карточка] з а т. *Пошта ашыкхаттары мен суретті ашыкхаттарды зерттеу және жинау.*

**ФИЛОСОФ** [грек. philosophos] з а т. **1.** *Философия ғылымының маманы, оқымысты, сондай-ақ дүниетану мәселелерін зерттеп табу жолына түскен ойшыл адамдарға берілетін жалпы ат.* **2.** а у ы с. *Өмірде кездесетін құбылыстарды ақылға салып, байсалды түрде жете түсінетін адам.*

**ФИЛОСОФИЯ** [грек. philosophia] з а т. **1.** *Әлемнің, дүниенің, қоғамның және ойлау жүйесінің ортақ заңдылықтары туралы ғылым.* **2.** *Белгілі бір ғылымның негізі болған методологиялық принцип.* **3.** а у ы с. *Іске ешбір қатысы жоқ дерексіз пайымдау.*

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ** с ы н. *Философияға қатысты, соған тән.*

**Философиялық антропология.** ф и л о с. *Адам жайлы, оның жан дүниесі мен табиғаты, әлемдегі орны туралы философиялық ілім.* **Философиялық лирика**. ә д е б. *Лириканың тақырыптық табиғатына, мазмұндық-идеялық тұрғыда жіктелуіне қатысты туған ұғым.* **Философиялық поэма**. ә д е б. *Өлеңмен жазылған көлемі шағын лирикалық немесе сюжетті поэманың ойшылдық сарыны басым келетін жанрлық түрі.* **Философиялық роман**. ә д е б. *Роман жанрының композициялық-сюжеттік принциптеріне, баяндау тәсілдеріне негізделген философиялық шығарма.*

**ФИЛУМЕНИЯ** [грек. phileo – сүйемін, лат. lumen – жарық, от] з а т. *Сіріңке қорапшаларының әртүрлі этикеткаларын және коллекция жасаушылар үшін арнайы шығарылатын бланк этикеткаларын белгілі бір принцип, тақырып бойынша мақсатты түрде жинау, зерттеу және жүйелеу; коллекциялаудың кең тараған түрлерінің бірі.*

**ФИЛЬЕРА** з а т. э к о н. *Сатушы берген ерекше вексель.*

**ФИЛЬЕРЛЕР** з а т. х и м. *Сұйық массадан талшық созуға арналған фильерлі пластинадағы калибрленген тесік.*

**ФИЛЬМ** [ағыл. film] з а т. *Көпшілікке көрсету үшін пленкаға түсірілген кинокартина.*

**ФИЛЬМОГРАФИЯЛЫҚ** с ы н. *Фильмдерді тізетін, жазатын.*

**ФИЛЬМОСКОП** [ағыл. film – фильм, грек. skopeo – қараймын, бақылаймын] з а т. *Бейнетаспадағы сурет кескіндерін көрсететін арнайы аспап.*

**ФИЛЬМОТЕКА** [ағыл. film – фильм, грек. theke – қойма] з а т. *Кинокартиналар түсірілген бейнетаспаларды жиып сақтап әрі оларды зерттеп, көпшілік арасына насихаттап отыратын мекеме.*

**ФИЛЬМХАНА** з а т. *Фильмдерді сақтайтын мекеме немесе құрамындағы бөлімі, фильмотека.*

**ФИЛЬТР** [франц. filtre] з а т. т е х. **1.** *Сұйық заттарды өзге қоспалардан тазартатын сүзгі.* **2.** *Кейбір сәулелерді, дыбыстарды, электромагнитті толқындарды өткізбейтін арнаулы аспап.*

**ФИЛЬТРАТ** з а т. *Сүзгіден өткізіліп, тазартылған сұйық.*

**ФИЛЬТРЛЕУ=** е т. *Сұйықтықтың кеуек нәрселерден, жарықшақты табиғи сүзгілерден өткізу, тазарту, сүзу.*

**ФИЛЭМБРИОГЕНЕЗ** [грек. phyle – туыс, тайпа, embryon – ұрық, genesis – шығу тегі] з а т. б и о л. *Жануарлар ұрығының даму кезеңінде пайда болатын эволюциялық өзгерістер.*

**ФИНАЛ** [итал. finale] з а т. **1.** *Спорт жарыстарының жеңімпазды анықтайтын ақтық кезеңі.* **2.** *Концерттің, белгілі бір музыка, опералардың ақтық кезеңі, соңғы қорытынды бөлімі.* **3.** ә д е б. *Әдеби шығарманың аяқтамасы, ең соңғы эпизоды, суреттемесі.* **4.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Өмірдің ақыры, жалған.*

**ФИНАНС** [франц. finance] з а т. э к о н. ***Қаржы*** *(халық шаруашылығы айналымының элементі болып табылатын ақша қаражаты).*

**ФИНАНСИСТ** з а т. **1.** ***Қаржыгер*** *(қаражат істерін жүргізетін қызметкер, қаражат жұмысының маманы).* **2.** *Күрделі ақша операцияларын жүргізетін капиталист, банкир.*

**ФИНАНСТА=** е т. *Ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету.*

**ФИНАНСТАУ** *Финанста етістігінің қимыл атауы.*

**ФИНАНСТЫҚ** с ы н. *Финансқа қатысты, соған тән.*

**ФИНДЕР** з а т. *Финляндия мемлекетінің негізін құраған, финн-угор тіл тобының батыс тармағы болып саналатын халық.*

**ФИНИК** [грек. phoinix (phoinikos)] з а т. ө с. *Сабағы шашыраңқы келген қауырсын тәрізді жапырақты әсем пальма.*

**ФИНИКИЯ: финикия жазуы**. лингв. *Финикийлердің б.з.д. 2-мыңжылдығының орта шенінде пайда болған консонанттық жазуы.*

**ФИНИФТЬ** [грек. chymeyton] зат. *Металдан, фарфордан жасалған бұйымдардың сырт бетін мәнерлеп әшекелейтін эмаль.*

**ФИНИШ** [ағыл. finish] зат. **1.** *Спорт жарыстарының озып келгендігін көрсететін мәре.* **2.** *Жаяу жарыс пен ат бәйгесіндегі жарыс жолының мәреге жетер алдындағы азғана жері.*

**ФИНН: финн тілі.** *Финн халқының тілі, Финляндия Республикасының ресми тілі.*

**ФИННА** зат. *Таспа құрттардың онкосферадан дамитын дернәсілі.*

**ФИНН-УГОР: финн-угор тілдері.** зат. *Финдер, венгрлер, карелдер мен эстондықтар, удмурттардың туыстастығын білдіретін тілдер тобы.*

**ФИНОКРИСТАЛДАР** зат. хим. *Сеппелер, сеппе бөлшектер.*

**ФИНТ** [итал. finta] зат. спорт. *Футболда ойыншының допты қарсыласының бір жағын ала орай теуіп, өзі оның екінші жағын тез айналып өтуді қолдану әдісі.*

**ФИРАҚ: фирақ оты.** діни. *Тозақ оты.*

**ФИРКА** [ар. فرقة] зат. діни. *Белгілі бір қағиданың немесе бірнеше мәселелер бойынша бірдей пікірдегі адамдардың тобы, мектеп, қауым.*

**ФИРМА** [итал. firma] зат. экон. **1.** *Пайда алу мақсатымен ресурстарды тауарлар өндіру немесе қызметтер көрсету үшін пайдаланатын, бір немесе бірнеше кәсіпкер иеленетін және басқаратын ұйым; заңды тұлға құқықтарын пайдаланатын шаруашылық, өнеркәсіптік, сауда кәсіпорны; бір текті немесе сабақтас кәсіпорындар бірлестігі; ұжымдық немесе жеке кәсіпкерлердің ең кең таралған ортақ атауы.* **2.** *Біртекті кәсіпорындарды біріктіру негізінде құрылған, дербес праволары бар, шаруашылық есептегі өндіріс бірлестігі.*

**ФИРМАЛЫҚ** сын. *Фирмаға қатысты, белгілі бір фирма дайындаған.*

**Фирмалық несие.** экон. *Тауар нысанындағы несие; өткізу рыногы үшін күрес құралдарының бірі.* **Фирмалық стандарт.** *Өнімнің, үдерістің (жұмыстың), қызмет көрсетулердің нақты түріне қойылатын талаптарды белгілейтін, бір заңды немесе жеке тұлға әзірлеген және тек сол жеке немесе заңды тұлға ғана қолданатын құжат.* **Фирмалық стиль.** *Безендірілу қағидаттары ның бірлігі, фирманың көзге көрінетін танымал бейнесін қамтамасыз ететін графикалық, түртүстік, пластикалық, дыбыстық, дидарлық әдістерінің жиынтығы.*

**ФИРН** [нем. Firn] зат. геогр. *Мұзқар, қардың жоғарғы қабатының қысымынан және беткі қардың әлденеше рет еріп, қайта қатуынан, мұз түйіршіктерінен қалыптасқан қабат; мұз бен қар арасындағы өтпелі фаза.*

**ФИРУЗ** [ир. پیروز] сын. **1.** *Жеңімпаз, жеңгіш.* **2**. *Табысты, бақытты.*

**ФИРУЗА** [ир. فیروزه] зат. мин. *Березе, фосфаттар класына жататын, құрамы біршама күрделі минерал; көкшіл түсті асыл тас.*

**ФИРУЗАБАТ** [ир. پیروزاباد] зат. ескі кіт. **1.** *Жеңімпаз гүлі, жеңіс туының гүлі.* **2.** ауыс. *Бақыт гүлі.*

**ФИСГАРМОНИЯ** [нем. Fisharmonium] зат. муз. *Орган тәрізді көп дауысты клавишті музыкалық аспап.*

**ФИСТУЛА** [лат. fistula] зат. муз. *Шаңқылдап шыққан жіңішке дауыс.*

**ФИТИНГ** [ағыл. fitting] зат. *Құбырлардың бұрылысына, тармақтарына, бір диаметрден екінші диаметрге жалғасуына пайдаланылатын байланыстыру бөлшектерінің жалпы атауы.*

**ФИТНА** зат. діни. *Іріткі, бүлік, жөнсіздік; фітнә.*

**ФИТНЕС** [ағыл. fitness] зат. спорт. *Дене бітімінің сымбатты болуы, бұлшық еттерді шырату, ағзаны күшейту үшін арнайы спорт тренажерларында жасалатын әртүрлі жаттығулар жүйесі.*

**ФИТНЕС-ЗАЛ** [ағыл. fitness] зат. спорт. *Фитнеспен шұғылдану үшін арнайы тренажерлармен жабдықталған бөлме, жай.*

**ФИТНЕС-ИНДУСТРИЯ** зат. спорт. *Фитнеспен шұғылдану үшін қызметтер көрсету ортасы.*

**ФИТНЕС-КЛУБ** зат. спорт. *Фитнес-залы бар спорт клубы.*

**ФИТНЕС-ОРТАЛЫҚ** зат. спорт. *Бірнеше фитнес-залдары және басқа да спортпен айналысуға арналған бөлмелері, сондай-ақ массаж кабинеті, солярий және т.с.с. бар үлкен спорт орталығы.*

**ФИТ(О)...** [грек. phyton] *Өсімдік немесе өсімдіктер туралы ғылым – ботаникаға қатысты айтылатын күрделі сөздің бір бөлігі; мыс., гаметофит, фитоценология.*

**ФИТОАЛЕКСИНДЕР** [грек. phyton – өсімдік, alexo – қорғаймын] зат. биол. *Қалыпты жағдайда сау өсімдіктерде болмайтын, бірақ қоздырғыш зақымдануынан қорғаныш реакциясы ретінде түзілетін фенолды қосындылар.*

**ФИТОБАР** [гр. phyton] зат. *Дәрілік өсімдіктерден жасалатын сусындар мен қайнатпаларды сататын арнаулы бөлімше; фитозал.*

**ФИТОБЕНТОС** [грек. phyton – өсімдік, benthos – тереңдік] зат. биол. *Өзендер мен суқоймалардың түбінде өсетін түтік өсімдіктер, өсімдіктекті организмдер жиынтығы.*

**ФИТОГЕОГРАФИЯ** [грек. phyton – өсімдік, ge – жер, grapho – жазамын] зат. *Өсімдіктердің жер бетіне таралу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.*

**ФИТОГОРМОН** зат. биол. *Өсімдік гормоны.*

**ФИТОГОРМОНДАР** [грек. phyton – өсімдік, hormao – қозғалысқа түсіру] зат. биол. *Жоғары сатыдағы өсімдіктердің арнайы ұлпаларында өндірілетін органикалық заттар.*

**ФИТОДИЗАЙНЕР** [грек. phyton – өсімдік, ағыл. designer – дизайнер] зат. кәс. *Интерьерді өсімдіктермен (тірі немесе жасанды) сәндейтін маман.*

**ФИТОКЛИМАТ** [грек. phyton – өсімдік, klima – ауа райы] зат. биол. *Өсімдікке қатысты климаттың (ауа райының) ерекшелігі.*

**ФИТОМАССА** [грек. phyton – өсімдік, лат. massa – бөлшек] зат. биол. *Барлық өсімдік текті организмдердің, олардың қандай да бір тобының немесе қауымдастықтағы жеке өсімдіктердің жиынтық массасы.*

**ФИТОМЕЛИОРАЦИЯ** зат. биол. **1.** *Топырақтағы ерітінді тұздарды сыртқа өсімдік арқылы шығарудың биологиялық әдісі.* **2.** экол. *Қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі шаралар кешені.*

**ФИТОНЦИДТЕР** [грек. phyton – өсімдік, лат. caedere – өлтіремін] зат. биол. *Жоғары сатыдағы өсімдіктер бөліп шығаратын, бактериялардың, саңырауқұлақтардың, қарапайымдылардың тіршілігін тежейтін немесе мүлде тоқтататын биологиялық белсенді заттар.*

**ФИТОПАТОЛОГ** зат. биол. *Өсімдіктер ауруын зерттейтін маман.*

**ФИТОПАТОЛОГИЯ** [грек. phyton – өсімдік, pathos – қайғыру, logos – ілім] зат. биол. *Өсімдік ауруларының себептері мен салдарын, оларды қоздыратын микроорганизмдердің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктерін анықтап, айықтыру, дамуын шектеу жолдары мен әдістерін зерттейтін ғылым саласы.*

**ФИТОПЛАНКТОН** зат. *Судың беткі қабатында қалқып жүрген өсімдіктер жиынтығы, көбінесе балдыр түрлері және қылаяқтылар.*

**ФИТОТЕРАПЕВТ** [грек. phyton – өсімдік] зат. кәс. *Фитотерапия бойынша маман.*

**ФИТОТЕРАПИЯ** [грек. phyton – өсімдік] зат. кәс. *Өсімдіктермен емдеумен айналысатын медицинаның саласы.*

**ФИТОТРОН** [грек. phyton – өсімдік, thronos – орын] зат. биол. *Факторлары жасанды жолмен реттелетін, өсімдіктерді өсіруге, ғылыми-іздеңіс жұмыстарын жүргізуге бейімделген мекен-жай.*

**ФИТОФАГТАР** [грек. phyton – өсімдік, phagos – кеміруші] зат. *Өсімдіктермен қоректенетін жануарлар, насекомдар.*

**ФИТОФТОРОЗ** зат. биол. *Phytophthora туысына жататын саңырауқұлақтар қоздыратын өсімдік ауруы.*

**ФИТОЦЕНОГЕНЕЗ** зат. биол. *Өсімдіктер қауымдастықтарының қалыптасу және даму процесі.*

**ФИТОЦЕНОЗ** [грек. phyton – өсімдік, koinos – жалпы] зат. биол. *Өсімдіктер қауымдастығы – құрлықтың біртекті телімдерінде орналасқан, өзара және сыртқы ортамен тығыз әрекетте болатын өсімдіктер жиынтығы.*

**ФИТОЦЕНОЛОГИЯ** [грек. phyton – өсімдік, koinos – жалпы, logos – ілім] зат. биол. *Геоботаниканың және биогеоценологияның бөлімі.*

**ФИТОЦЕНОТИПТЕР** [грек. phyton – өсімдік, koinos – жалпы, typos – таңба, нысан, үлгі] зат. биол. *Биоценозда тұрақты орын алуға биологиялық мүмкіншіліктері бірдей түрлер жиынтығы.*

**ФИТОШАЙ** [грек. phyton – өсімдік] зат. *Дәрілік өсімдіктерден дайындалған шай.*

**ФИФО** [ағыл. fifo – first-in-first-out] зат. экон. *Алғашқы болып түскен не дайындалған топтаманың бағасы бойынша тауар-материалдық босалқы қорларды бухгалтерлік есепке алу әдісі.*

**ФИҺҚА** ар. зат. ескікіт. *Діни қағидалар, ережелер.*

**ФИШКА** зат. *Әртүрлі ойындарда ұпай санын санау үшін қолданылатын сүйектен жасалынған кубик не дөңгелекше.*

**ФЛАВАНТРОН** зат. хим. *Полиядролы гетероциклді қосылыс.*

**ФЛАГМАН** [голл. vlagman] зат. **1.** *Соғыс кемелері құрамасының, эскадраның қолбасшысы.* **2.** *Әуе немесе теңіз флотындағы жетекші ретінде есептелетін ең ірі кеме, сондай-ақ белгілі бір аймақтың флотындағы ең үлкен және ең әдемі корабль.* **3.** ауыс. *Белгілі бір өндіріс саласындағы кәсіпорындарының ең үлкені, ең басты орындағысы.*

**ФЛАГОПИТ** зат. геол. *Түсі сарғылт, кірпіштей қызыл, қоңыр, шыныдай жылтыр минерал, бағалы электртехникалық, радиотехникалық материал.*

**ФЛАГШТОК** [голл. vlagstok] зат. *Жалауды тік көтеру үшін тігінен орнатқан ұзын сырық.*

**ФЛАЖОЛЕТ** [франц. flageolet] зат. муз. *Үрмелі көне музыкалық аспап; флейтаның бір түрі.*

**ФЛАКОН** [франц. flacon] зат. *Иіссу мен әтір құятын кішкентай шиша.*

**ФЛАМИНГО** [порт. flamingo] зат. зоол. ***Қоқиқаз*** *(мойны мен сирағы ұзын, оңтүстікте болатын, түсі нәзік қызғылт реңді су құсы).*

**ФЛАНГ** [франц. flanc] зат. әск. *Сапта тұрған немесе бір жерге орналасқан әскерлердің оң жақ, сол жақ қанаты.*

**ФЛАНЕЛЬ** [франц. flanelle] зат. *Екі жағы да ұлпілдеген сирек түкті жеңіл мата.*

**ФЛАНЕЦ** [нем. Flansch] зат. *Жазық сақина немесе бұрандама салуға арналған тесіктері бар диск тәрізді біліктерді, құбырларды, бір-біріне жалғауға арналған бөлік, металл немесе басқа беттердің тікбұрыш жасалып қайырылған шеті.*

**ФЛАТ** [ағыл. flat] зат. экон. **1.** *«Пайызды есептемей» деген мағынаны білдіретін биржа термині (пайыз акцияның бағамына енгізіліп қойылған).* **2.** *Сауда мәмілесінде «қалыпты» сапада (қосымша дәлдемей) деген мағынаны білдіретін сөз.*

**ФЛЕБИТ** [грек. phleps] зат. биол. *Адам ағзасындағы көк тамырдың (венаның) қабынуы.*

**ФЛЕГМАТИЗМ** зат. псих. *Дүниенің бәріне немқұрайды қараумен ұштасып жататын адам мінез-құлқындағы шектен тыс тұйықтық, самарқаулық.*

**ФЛЕГМАТИК** [грек. phlegmatikos] з а т. п с и х. *Эмоциялық сезімі тез қоза қоймайтын самарқау, салғырт адам.*

**ФЛЕГМОНА** [грек. phlegmone] з а т. б и о л. *Дәнекер тінде болатын қабыну.*

**ФЛЕЙТА** [итал. flauto] з а т. м у з. *Ағаштан керней тәрізді етіп жасалған, үстіндегі тесікшелерін жауып тұратын қақпақшалары бар үрлемелі музыка аспабы, сырнай.*

**ФЛЕЙТАШЫ** з а т. *Флейта аспабында ойнайтын музыкант.*

**ФЛЕКСИЯ** [лат. flexio] з а т. л и н г в. **1.** *Флективті тілдердің типологиялық белгілеріне сәйкес грамматикалық құрылымы мен сөздердің атқарар қызметін анықтайтын көпмағыналы термин.* **2.** *Сөзді септегенде, жіктегенде түбірдің өзгеріске ұшырауы, сөз тұлғасының жаңаруы.*

**ФЛЕКСУРА** [лат. flexura] з а т. к е н. *Бүгіліс; таужыныстар қабатының бір жақты иіле бітуі.*

**ФЛЕКТИВТІ** с ы н. л и н г в. *Ішкі флексия арқылы, дауысты, дауыссыздардың алмасуы арқылы сөздердің жаңа мағынаға ие болуы.*

**Флективті тілдер.** л и н г в. *Аглютинативті тілден өзгеше, ішкі флексияның болуы, дауысты, дауыссыздың алмасуы арқылы жаңа мағына жасалатын, морфологиялық құрылыс бойынша топтастырылған дүниежүзі тілдерінің бір тобы.*

**ФЛЕШ-АНИМАЦИЯ** з а т. *Анимациялық фрагмент.*

**ФЛЕШ-БАҒА** з а т. э к о н. *Биржадағы баға туралы деректер кешіккенде берілетін жедел ақпарат.*

**ФЛЕШ-ЖАД** з а т. и н ф. <ағыл. flash memory> *Электрлік жолмен жазылған мәліметтерді есте сақтай алатын микросұлба (чип) түрінде жасалған жад түрі.*

**ФЛЕШКА** з а т. ***Флеш-карта.***

**ФЛЕШ-КАРТА** [ағыл. flash card] з а т. *Флеш жадысы бар карта.*

**ФЛИАКИ** [грек. phlyax] з а т. *Ежелгі Грекиядағы халық ойын-сауықтары.*

**ФЛИГЕЛЬ** [нем. Flügel] з а т. *Бас ғимараттың жанындағы тұрғынжай немесе үлкен ғимараттың ауласындағы шағын үй.*

**ФЛИНТТЕР** з а т. *Құрамындағы қорғасын оксидінің мөлшері 3%-тен кем болмайтын оптикалық шынылар тобы.*

**ФЛИППЕР** з а т. э к о н. *Қысқа мерзімді қаржы мәмілесін жасасушы; акцияларды сатып алғаннан кейін бірден сатушы тұлға.*

**ФЛИШ** [нем. Fliessen] з а т. *Тау тізбектерімен жиектелген теңіздің түбінде түзілетін шөгінділердің өте қалың (жүздеген, мыңдаған м) қабаттарының жиынтығы.*

**ФЛИШОИДТЕР** з а т. г е о л. *Флиш тектес шөгінді таужыныстар қабаты.*

**ФЛОГИСТОН** [грек. phlogistos] з а т. б и о л. *17–18 ғ-лар химиктерінің түсінігінше, барлық заттың құрамында болатын жанғыш немесе жаққанда қаққа және әкке айналатын з а т .*

**ФЛОГОПИТ** [грек. phlogopos] з а т. м и н. *Силикаттар класы, слюдалар тобына жататын минерал.*

**ФЛОКУЛЯЦИЯ** [лат. flocculi] з а т. к е н. *Ұнтақ түйіршіктерді жоғары молекулалы органикалық заттармен өңдеп, біріктіру процесі.*

**ФЛОМАСТЕР** [ағыл. flowmaster] з а т. *Арнаулы бояу сіңірілген қуысты жазу өзекшесі бар, жазуға, сурет салуға арналған оқу құралы.*

**ФЛОРА** [лат. flora] з а т. б и о л. ***Нәбәтат*** *(белгілі аймақта өсіп, тіршілік етуге бейімделген өсімдіктер түрлерінің жиынтығы).*

**ФЛОРАЛЫҚ** с ы н. к і т. ***Нәбәтаттық*** *(флораға қатысты).*

**Флоралық аймақ**. г е о г р. *Жер шарын флорасының ерекшеліктеріне қарай аудандастыру бірлігі.*

**ФЛОРИСТИКА** [лат. flora] з а т. *Жер шарындағы және оның жеке аймақтарындағы флоралар құрамындағы өсімдік түрлері, олардың өзара қатынасы, шығу тегі, ерекшеліктері туралы ғылым.*

**ФЛОРОГЕНЕЗ** з а т. б и о л. *Түр құрылу және өсімдіктер қауымдастықтарының қалыптасуы процестерінің нәтижесінде флораның тарихи дамуы.*

**ФЛОТ** [голл. vloot] з а т. **1.** *Белгілі бір теңіздегі немесе өзен, әуе алабындағы әскери не сауда кемелерінің жиыны.* **2.** ә с к. *Соғыс-теңіз кемелерінің ірі құрамасы.* **3.** ә с к. *Кейбір мемлекеттердегі (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, т.б.) тактикалық құрама.* **4.** *Кейбір мемлекеттердегі (Франция әскери-теңіз күштері, т.б.) атомды ракеталық стратегиялық мақсаттағы сүңгуір қайықтарының оперативтік бірлестігі.* **5.** *Кәсіптік, экспедициялық немесе спорттық кемелердің құрамасы.*

**ФЛОТАЦИЯ** [франц. flotation] з а т. **1.** к е н. *Барлық ұнтақ секілді қазылымдарға қолданылатын, минералдардың физикалық-химиялық қасиеттерінің айырмашылықтарына негізделген, ең көп тараған байыту процесі.* **2.** *Әртүрлі заттардың суға әркалай шыланатынына негізінде бағалы металдарды ажыратып алу тәсілі.*

**ФЛОТЕР** з а т. э к о н. *Пайызы өзгермелі қысқа мерзімді ауызекі міндеттеме.*

**ФЛОТИЛИЯ** [франц. flottille] з а т. **1.** *Белгілі өзендегі, көлдегі, жабық теңіздегі әскери кемелердің жиыны.* **2.** *Арнаулы мақсаттағы топтастырылған кемелер легі (отряды). Кейбір елдердің әскери-теңіз күштеріндегі оперативтік бірлестік немесе құрама.*

**ФЛОТИНГ** з а т. э к о н. *Бағаның еркін ауытқуы.*

**ФЛУКТУАЦИЯ** [лат. fluctuatio] з а т. ф и з. *Физикалық шамалардың (бақыланатын мәндері) өздерінің орташа мәндерінен кездейсоқ ауытқуы.*

**ФЛУОРЕСЦЕИН** з а т. х и м. *Оксиксантенді бояғыш; тоқыма емес материалдарды сары түске бояуға арналған қышқылдық-негіздік индикатор.*

**ФЛУОРЕСЦЕНЦИЯ** з а т. ф и з. *Қоздыру әсері тоқтағаннан кейін тез өшіп қалатын люминесценция.*

**ФЛЮАТТАР** з а т. *Суда оңай еритін фторсиликаттардың техникалық атауы.*

**ФЛЮВИОГЛЯЦИАЛДЫҚ: флювиогляциалдық шөгінділер**. <лат. fluvius – ағын, glacialis – мұз> г е о г р. *Еріген мұздың суы ағынынан шөккен шөгінділер.*

**ФЛЮГЕР** [нем. Flügel] з а т. *Желдің бағыты мен жылдамдық білу үшін діңгек басына орнатылған айналмалы қалақшасы мен жалаушасы бар аспап.*

**ФЛЮКТУАЦИЯ** з а т. э к о л. *Экожүйенің әр жылдық өзгергіштігі, жылдан-жылға қайта өзгеруі.*

**ФЛЮОРАЙТТАР** з а т. *Ұлыбританияда шығарылатын оптикалық ағартқыш заттардың саудадағы атауы.*

**ФЛЮОРИТ** [лат. flua] з а т. г е о л. *Мөлдір, түссіз, солғын сары, жасыл, күлгін, шыныдай жылтыр, металлургияда флюс ретінде, кіреуке, криолит алуға қолданылатын минерал.*

**ФЛЮОРОГРАФ** з а т. м е д. *Адам кеудесінің ішкі мүшелерін суретке түсіретін аспап.*

**ФЛЮОРОГРАФИЯ** [лат. fluor – ағыс, грек. grapho – кескінін көрсету, бейнелеу] з а т. *Фотографиялық пленкаға флюоресценттік (сәулелендіруші) экраннан зерттелетін нысанның рентгендік кескінін алудан тұратын рентгенологиялық зерттеу әдісі.*

**ФЛЮОРОЗ** [лат. fluorum] з а т. м е д. *Организмге фтордың шамадан көп түсуінен (мыс., ауыз суда ол 1,5 мг/л-ден артық болғанда) болатын негізінен остеосклероз және тіс кіреукесінің гипоплазиясынан көрінетін созылмалы ауру.*

**ФЛЮС** [нем. Fluβ] з а т. к е н. *Домна пешінің шихтасына бос жыныстардың балқу температурасын төмендету және күл мен күкіртті қож түрінде ығыстыру үшін қосылатын минералды заттар.*

**ФЛЯГА** [нем. Flasche] з а т. **1.** *Сұйық зат құйып, жорықта не жолда алып жүру үшін істелген қалайы құты.* **2.** *Су, сүт сияқты заттарды тасу үшін қалайыдан істелген сыйымды ыдыс.*

**ФЛЯК** з а т. с п о р т. *Алдымен шалқайып, сосын бүгіліп барып екі аяқпен жоғары қарай артқа секіріп барып орындалатын қимыл.*

**ФОБ** [ағыл. FOB – free on board] з а т. э к о н. *Халықаралық саудада тауарды жеткізу мен ақысын төлеу, оның бағасында тасымалдауға, жүк тиеу-түсіруге жұмсалған шығынды есептеу тәртібін айқындайтын жағдай; тиелген және жөнелтуге дайын тауардың бағасы.*

**ФОБИЯ** [грек. phobos] з а т. ф и л о с. *Негізсіз, яғни нақты үрей тудыратын жағдайсыз пайда болатын қорқыныш түрлері.*

**ФОВИЗМ** [франц. fauve] з а т. ө н е р. *Француздың бейнелеу өнеріндегі ашық бояуды еркін пайдалануымен ерекшеленетін кескіндеме стилі.*

**ФОЙЕ** [франц. foyer] з а т. **1.** *Ғимарат ішіндегі демалуға әртүрлі шаралар өткізуге арналған ашық залы.* **2.** *Көрермендердің спектакль басталар алдында, антракт кезінде дем алып, тынықтайтын залы.*

**ФОК** [ағыл. FOK, fill-or-kill] з а т. э к о н. *Нұсқау беруші делдалға берілген тапсырмаға қосымша жағдайға қарай тек бір дүркін ғана ұсыну немесе өтініш жасау жөніндегі өкім.*

**ФОКОН** з а т. *Ұзындық өлшемдері өзгеретін және пішіні қима тәрізді болатын сәулежол кесіндісі.*

**ФОКСТЕРЬЕР** [ағыл. fox-terrier] з а т. з о о л. *Інде жататын аңдарды аулауға пайдаланылатын ең көп таралған аңшы иттер тұқымының бірі.*

**ФОКСТРОТ** [ағыл. foxtrot] з а т. *Төрт бөлімді екпінді ырғаққа құрылған би және осы бидің сазы.*

**ФОКУС**[1] [лат. focus] з а т. **1.** ф и з. *Сынған немесе шағылысқан сәулелердің тоғысу нүктесі.* **2.** *Суретке түсірілетін нәрсенің кескіні айқын белгіленетін нүкте.* **3.** м а т. *Математикада қисық сызықтың (эллипстің, гиперболаның немесе параболаның) кез келген М нүктесіне дейінгі қашықтығының сол нүктеден белгілі бір түзуге (директрисаға) дейінгі қашықтығына қатынасы тұрақты шама (эксцентриситет) болатын нүкте.*

**ФОКУС**[2] [нем. Hokuspokus] з а т. **1.** *Шапшаң қимылдың, қолдың ептілігімен алдап-арбап, көз бояп, неше түрлі сиқырлы ғажап ойындар көрсету әрекеті, сиқырлық.* **2.** а у ы с. *Таңғаларлық іс, ептілік.*

**ФОКУСШЫ** з а т. *Фокус көрсетуші эстрада немесе цирк артисі.*

**ФОЛ** [ағыл. foul] з а т. с п о р т. *Спорттық ойындарда ережелердің бұзылуы.*

**ФОЛИО** [ағыл. in folio] з а т. э к о н. *Бухгалтерлік (есептік) кітаптарда рет нөмірі бірдей сол және оң беттер.*

**ФОЛЛИКУЛИТ** [лат. folliculitis] з а т. м е д. *Шаш фолликулаларының іріңді қабынуы.*

**ФОЛЬГА** [лат. folium] з а т. *Айна жасауда, әсемдеп өрнек салуда және азық-түлікті орау үшін металдан өте жұқа етіп істелген қаңылтыр тәрізді нәрсе.*

**ФОЛЬКЛОР** [ағыл. folklore] з а т. **1.** ә д е б. *Халық арасында кең таралған, белгілі әрі халықтың өзі туындатқан шығармалар (аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, билер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және т.б.).* **2.** *Фольклоршы, ауыз әдебиетін жинаушы.*

**ФОЛЬКЛОРИСТИКА** з а т. *Ауыз әдебиеті мен халық музыкасын зерттейтін, халық творчествосы жайлы ғылым.*

**ФОЛЬКЛОРЛЫҚ** с ы н. *Халық ауыз шығармашылығына, ауыз әдебиетіне тән.*

**ФОЛЬКЛОРТАНУ** з а т. ә д е б. *Фольклорды зерттейтін ғылым.*

**ФОЛЬКЛОРШЫ** з а т. *Халық шығармашылығын, ауыз әдебиетін зерттеуші.*

**ФОЛЬФАРГ** з а т. э к о н. *Польшадағы помещик шаруашылығы.*

**ФОН**[1] [франц. fond] з а т. **1.** *Полотнаға салынған суреттің негізгі түсі, жалпы өңі.* **2.** а у ы с. *Бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі.*

3. инф. *Жұмыс істеп тұрған активті терезе сыртындағы аймақ.* 4. *Орта, ая, табиғи фон – бір нәрсеге табиғи концентрацияның немесе табиғи заттардың әсер ету дәрежесі.*

**ФОН**[2] [грек. phone] зат. тех. *Телефон не радио арқылы алыстан естіліп тұратын дыбыс, шу.*

**ФОНАРИК** зат. *Батареямен жанатын қолға ұстайтын шам.*

**ФОНАРЬ** [грек. ponation] зат. *Түнде қолға ұстап жүретін немесе іліп қоятын шишалы шам.*

**ФОНАРШЫ** зат. *Фонарьды жөндеп, мезгілінде жағып тұрушы адам.*

**ФОНАЦИЯ** [франц. phonation] зат. лингв. *Дыбыстау мүшелерінің әрекеті нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылу я жасалу процесі.*

**ФОНД** [франц. fond] зат. ***Қор.*** 1. *Нақты бір мақсатқа арналған, жиналған, сақталған қаржы.* 2. *Бір нәрсенің жиналған топтамасы.*

**ФОНДЫҚ: фондық режім.** инф. <ағыл. backgronund mode> *Жұмыс істеуші адамның назарын аудармай-ақ программаның өз тапсырмасын әрі қарай орындау режимі.*

**ФОНЕМА** [грек. phonema] зат. лингв. *Сөздің мағынасы мен тұлғасын түрлендіре алатын тілдегі ең кіші дыбыстық бірлік.*

**Фонемалардың айырым белгілері.** лингв. *Фонемаларды бір-бірінен ажырататын белгілер.*

**ФОНЕМАТИКАЛЫҚ** сын. *Фонологияға қатысты, фонологияға тән.*

**ФОНЕТИКА** [грек. phonetike] зат. лингв. 1. *Тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы.* 2. *Тілдің дыбыстың құрылымы, дыбыстың құрамы, артикуляциясы, акустикасы, перцепциясы.*

**ФОНЕТИКАЛЫҚ** сын. *Фонетикаға қатысты, фонетикаға тән.*

**Фонетикалық алмасу.** лингв. *Қазіргі фонетикалық процестерге байланысты сөйлеудегі дыбыстық өзгерістер.* **Фонетикалық әліпби**. лингв. *Фонетикалық транскрипцияда (дыбыс таңбада) қолданылатын әліпби.* **Фонетикалық жазу**. лингв. *Емле ережелерін фонетикалық принципке негіздеп, сөздерді айтылуына жақындатып жазу.* **Фонетикалық заңдылықтар**. лингв. *Дыбыстардың өз қалпын сақтауы мен үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, өзара алмасуы мен тіркестерін зерттеп отыратын дыбыстардың даму заңдылықтары.* **Фонетикалық транскрипция**. лингв. *Ауызша айтылған сөздің дыбысталуын негүрлым дәл беру үшін қолданылатын жазу тәсілі.*

**ФОНЕТИСТ** зат. лингв. *Тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін маман, ғалым.*

**ФОНО...** [грек. phone] *Дауысқа, дыбысқа қатысты айтылатын біріккен сөздің алғашқы бөлігі, фонограф, фонограмма.*

**ФОНОГРАММА** [грек. phone – дыбыс, gramma – әріп] зат. 1. *Дыбыс жазылып алынған табақша пластинка, кішкене білік.* 2. лингв. *Сөздің дыбыстық құрамын нақты ажыратып көрсетуге қызмет ететін графикалық таңба, сөз дыбыстарының таңбасы.*

**ФОНОГРАФ** [грек. phone – дыбыс, grapho – жазамын] зат. *Дыбысты жазып алып, қайтадан естіртетін аспап.*

**ФОНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Фонографияға қатысты, соған тән.*

**ФОНОКАРДИОГРАФИЯ** зат. спорт. *Жүректің жұмысын оның дыбыс естіліміне байланысты сызып, тіркеуге негізделген зерттеу тәсілі.*

**ФОНОЛОГИЯ** [грек. phone – дыбыс, logos – ілім] зат. лингв. *Тіл дыбыстарын, фонеманы атқаратын қызметтеріне қарай зерттейтін тіл білімінің саласы.*

**ФОНОМЕТР** [грек. phone – дыбыс, metron – өлшем] зат. линг. *Дыбыстың айтылу, шығу күшін өлшейтін аспап.*

**ФОНОМОРФОЛОГИЯ** зат. лингв. *Фонология мен морфологияның байланысын, морфологиялық ерекшеліктерді фонологиялық құбылыстарды зерттеу арқылы түсіндіретін, сөздер мен морфемалардың фонемалық құрамын тексеретін тіл білімінің саласы.*

**ФОНОН** [грек. phone] зат. физ. *Кристалл атомдарының (иондарының) және молекулаларының ығысу толқынына сәйкес келетін квазибөлшек.*

**ФОНОСЕМАНТИКА** [грек. phone –дыбыс, semanticos – белгілеуші] зат. лингв. *Тіл дыбыстарының мағыналық бейнелеуіштік сипатын зерттейтін сала.*

**ФОНОСКОП** [грек. phone – дыбыс, skopeo – қараймын] зат. лингв. *Дыбыстардың өзгеруін, жеке дыбыстарды айтудағы бет құбылысы мен ерін қозғалысын бақылайтын аспап.*

**ФОНОТЕКА** [грек. phone – дыбыс, theke – қойма] зат. *Музыка шығармалары мен жеке адамдардың сөздері жазылып алынған пластинкалар, таспалар сақталатын орын.*

**ФОНТАН** [итал. fontana] зат. *Сәулет өнерінде негізі ғимарат төңірегіне салтанатты сипат беру әрі ауаны жақсарту мақсатымен орнатылатын су атқылайтын қосымша құрылыс.*

**ФОНТАНДА=** ет. *Судың т.б. сұйықтың шапшып атқылауы; бұрқақтау.*

**ФОНТАНДАТ=** ет. *Суды аспанға атқылату, бұрқақтату.*

**ФОНТАНДАТУ** *Фонтандат етістігінің қимыл атауы.*

**ФОНТАНДАУ** *Фонтанда етістігінің қимыл атауы.*

**ФОРАМИНИФЕРАЛАР** [лат. foramen (foraminis) – тесік, fero – көтеріп жүру] зат. зоол. *Тамыраяқтылардың құрамына кіретін қарапайым жануарлар отряды.*

**ФОРБАҒА** зат. экон. *Жеткізілімінің базистік шарттарын қамтитын баға [Сатушы тауарды өзінің есебінен тасымалдап, вагондарға тиейді немесе стансадағы қоймаға өткізеді, сатып алушыға көлік құжаттары мен басқа да коммерциялық құжаттарды табыстайды. Сатып алушы тауардың тасымал ақысын төлейді, барлық кеден құжаттарын ресімдейді, тауар көлік ұйымына табысталған сәттен бастап оның бүлінгені үшін жауапкершілікті міндетіне алады].*

**ФОРВАРД** [ағыл. forward] зат. экон. *Мәміле жасасылғаннан кейін әрі кеткенде 2–3 күн өткен соң жүргізілетін мерзімді есеп айырысу нысаны.*

**ФОРВАРДТЫҚ** сын. *Форвардқа тән.*

**Форвардтық маржа.** экон. *Қолма-қол ақшаға жасасылған мәміле бойынша валюта бағамы мен мерзімдік мәміле бойынша валюта бағамы арасындағы айырма.*

**ФОРЕЗИЯ** [грек. phoreo] зат. биол. *Кеңістікте бір организмнің басқалардың көмегімен орын ауыстыру құбылысы.*

**ФОРЕКС** зат. экон. *Валюта айырбастау операциясының атауы.*

**ФОРЕЛЛЕНШТЕЙН** зат. хим. *Троктолит терминінің синонимі.*

**ФОРЕЛЬ** [нем. Forelle] зат. зоол. *Тау өзендері мен көлдерінде тіршілік ететін, албырт тұқымдасына жататын кішігірім қызыл жолақты балық.*

**ФОРЗАЦ** [нем. Vorsatz] зат. полигр. *Кітап мұқабасы мен негізгі беттерін біріктіретін екі (үш) қабатты парақ.*

**ФОРИНТ** [венг. forint] зат. экон. *Венгрияның ақша бірлігі, 100 филлерге тең.*

**ФОРКАСТИНГ** зат. экон. *Деректерді пайдалана отырып, нарықтың ағымдағы бағытын жобалау.*

**ФОРЛАНД** [нем. vor – алға, land – ел] зат. геол. *Геосинклиндік кешендердің қатпарлануы барысында тангенциальды кернеулер әсерін дәйім сезінетін енжар блоктардың не салғырт атыраптардың (кратонның, платформаның, массивтің) орогенмен жапсарласу жиегі қатпарлы белдеу алдында жатқан платформалық атырап.*

**ФОРМА** [лат. forma] зат. 1. *Заттың сыртқы түрі, тысқы пішін, көрінісі.* 2. *Белгілі бір мазмұнның сыртқы көрінісі болып танылатын түрі, үлгісі, құрылымы.* 3. *Белгілі бір мекеме қызметкерлеріне, әскери адамдарға, мектеп оқушыларына арналып, біркелкі үлгімен тігілген киім.* 4. *Тиісті үлгі бойынша дайындалған іс қағаз үлгісі.* 5. мат. *Математикада барлық мүшесінің дәрежесі бірдей болып келетін бірнеше айнымалы шамалар көпмүшелігі.*

**ФОРМАЛА=** ет. *Белгілі бір түрге, пішінге, қалыпқа келтіру.*

**ФОРМАЛАН=** ет. *Формаға түсірілу, бір қалыпқа келтірілу.*

**ФОРМАЛАНУ** *Формалан етістігінің қимыл атауы.*

**ФОРМАЛАС** сын. *Сыртқы түрі ұқсас, пішіндес.*

**ФОРМАЛАТ=** ет. *Белгілі бір түрге келтірту, түсірту.*

**ФОРМАЛАТУ** *Формалат етістігінің қимыл атауы.*

**ФОРМАЛАУ** *Формала етістігінің қимыл атауы.*

**ФОРМАЛДЫ** сын. *Көрер көзге ғана істелетін, қағаз жүзінде, формализмге негізделген, көзбояушы.*

**Формалды арифметика.** мат. *Арифметиканы формалды жүйе ретінде тұжырымдау.* **Формалды логика.** *Формализм принциптеріне негізделген логика; ой формалары мен олардың байланысу формаларын зерттейтін ғылым.*

**ФОРМАЛДЫҚ** сын. сөйл. ***Формалды.***

**ФОРМАЛДЫЛЫҚ** зат. *Қабылданған тәртіп тұрғысынан қажетті бір істі орындауда сырттай ұсақ-түйегіне дейін түп-түгел тізушілік.*

**ФОРМАЛИЗМ** зат. 1. *Істің мән-мазмұнын ескермей, оның сырттай көрінісіне ғана басым көңіл бөлу жолы.* 2. *Көркемөнерде, әдебиетте, әдебиеттану мен басқа да ғылым саласында шығарманың түрін мазмұнынан бүтіндей бөліп алып, оны ең негізгі деп танитын идеалистік бағыт.* 3. *Белгілі бір іске селқос, немқұрайды, ұстірт қараушылық.* 4. құқық. *Мораль табиғатын зерттеуде әлеуметтік мазмұнға қарағанда формалдық-логикалық сәттердің басымдығын білдіретін этикалық принцип.*

**ФОРМАЛИН** зат. мед. *Залалсыздандыру үшін қолданылатын, ащы иісті уландырғыш дәрі.*

**ФОРМАЛИСТ** зат. *Жұмысқа немқұрайды, ұстірт қарайтын кісі, формализмнің жолын қуушы.*

**ФОРМАЛИСТІК** сын. *Формализм принципіне негізделген, сонымен байланысты.*

**ФОРМАНТ** [лат. formans] зат. лингв. *Сөз тудырушы, сөз өзгертуші қосымша.*

**ФОРМАТ** [франц. format] зат. 1. *Кітаптың, журналдың көлемі, пішімі, мөлшері.* 2. инф. *Компьютер жадында немесе басқа мәлімет сақтау құрылғыларында ақпараттарды бейнелеу, орналастыру тәсілі.*

**ФОРМАТТАЛҒАН: форматталған диск.** зат. инф. *Пішімделіп сатылатын иілгіш диск.*

**ФОРМАТТАУ: форматтау тақтасы.** зат. инф. *Мәтінді пішімдеу үшін пайдаланылатын стандартты операцияларды орындауға қызмет ететін параметрлер мен батырмалар жолы.*

**ФОРМАЦИЯ** [лат. formatio] зат. қоғ.-сая с и. *Қоғамның дамуындағы белгілі кезең және сол даму кезеңіне тән өндірістік тәсілдің сипатынан көрінетін қоғамдық құбылыс.*

**ФОРМАЦИЯЛЫҚ** сын. *Формацияға тән.*

**Формациялық талдау**. геол. *Геологиялық формацияларды зерттеу әдісі.*

**ФОРМИАТТАР** зат. хим. *Құмырсқа қышқылының тұздары және эфирлері.*

**ФОРМОВЩИК** зат. *Қалыптаушы, қалыпқа құю ісінің маманы, жұмысшы.*

**ФОРМУЛА** [лат. formula] зат. 1. *Қысқа, тұжырымды айтылатын қорытынды.* 2. мат. *Математикалық шамалардың шартты белгілермен таңбалаған қатарлары.* 3. хим. *Химиялық*

*қосындылармен процестердің құрамын белгілейтін әріп таңбалары.*

**ФОРМУЛЯР** [нем. Formular] зат. **1.** *Абонентке берілетін кітап туралы барлық мәліметтер толтырылған кітап тізімінің есеп карточкасы.* **2.** экон. *Азаматтық және сауда құқығындағы үлгі шарт.*

**ФОРПОЛИМЕРЛЕР** зат. хим. *Молекулалардың құрамына өсу немесе тізбектер тігілу реакцияларына сай жоғары молекулалық полимер түзуге қатысатын қабілеті бар функциялық топтар кіретін олигомерлер.*

**ФОРПОСТ** [нем. Vorposten] зат. әск. *Алдыңғы жақтағы шепте салынған қорғаныс орны, бекініс.*

**ФОРСАЖ** [франц. forcage] зат. тех. *Жылдамдықтың не қозғалтқыш қуатының бірден артуы.*

**ФОРС-МАЖОР** [франц. force majeure] зат. құқық. *Төтенше және болмай қоймайтын жағдайлардың туындауы; төтенше оқиға.*

**ФОРСТЕРИТ** зат. хим. *Магний силикаты.*

**ФОРСУНКА** [ағыл. force-pump] зат. тех. *Сұйық немесе ұнтақ тәріздес жанармайды бу қазандарының оттығына, қозғалтқыштардың цилиндрі ішіне бүркіп, шашып тұратын арнаулы тетік.*

**ФОРТ** [нем. Fort] зат. *Қамал құрылысы жүйесіндегі шағын бекініс орны, қорған.*

**ФОРТЕ** [итал. forte] зат. муз. *Қатты, күшті дыбыс.*

**ФОРТЕПЬЯНО** [нем. Fortepiano] зат. муз. *Ішекті соқпалы-клавишті рояль мен пианино музыка аспабының жалпы атауы.*

**ФОРТИФИКАЦИЯ** [лат. fortificatio] зат. әск. *Күнілгері және соғыс барысында қарулы күштердің жауынгерлік қабілетін көтеру, әскери қимылдардың тиімділігін арттыру, әскерді, басқару орындарын, халықты және шаруашылық нысандарын қарсылас шабуылынан қорғау үшін жергілікті жерде бекіндірудің теориясы мен практикасын қамтитын әскери-инженерлік өнер саласы.*

**ФОРТИФИКАЦИЯЛЫҚ** сын. әск. *Фортификацияға тән, фортификацияға қатысты.*

**ФОРТОЧКА** зат. сөйл. *Үйдің ауасын жаңартып, желдетуде пайдаланылатын терезенің ашылмалы көзі, желкөз.*

**ФОРТРАН** [ағыл. fortran] зат. инф. *Инженерлік және ғылыми есептерді шығаруға арналған жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілі.*

**ФОРУМ** [лат. forum] зат. *Нақты бір мәселені сарапқа салу үшін тиісті жұртшылықтың бас қосқан үлкен жиыны.*

**ФОРУМШЫ** зат. *Форумға қатысушы.*

**ФОРФАРД-БАҒАМ** зат. экон. *Белгілі бір мерзімде өтелетін операциялар жүзеге асырылатын бағам.*

**ФОРФЕЙТЕР** зат. экон. *Форфейтинг нысанында несиелендіру кезінде вексельді не тұтас вексельдер пакетін сатып алушы.*

**ФОРФЕЙТИНГ** [ағыл. forfeit] зат. экон. *Импортшы ризалық берген вексельдерді экспортшылардан сатып алу нысанында сыртқы экономикалық операцияларды несиелендіру.*

**ФОРФЕЙТИРЛЕУ** [ағыл. forfeit] зат. экон. *Коммерциялық вексельдерді, сыртқы сауда мәмілері бойынша басқа да қарыз талаптарын сатушыға арналған тауар айналымынсыз экспортты несиелендіру; коммерциялық несиені банктік несиеге ауыстырудың түрі.*

**ФОРШОК** [ағыл. for – дейін, shok – дүмпу] зат. геол. *Күшті жер сілкінуі алдында болатын болмашы дүмпу түрі.*

**ФОРЫМДЫ** сын. *Кескінді, түрлі, келбетті.*

**ФОСГЕН** зат. хим. *COC12 - көмір қышқылының хлор туындысы.*

**ФОСФАТ** зат. хим. *Техника мен медицинада қолданылатын фосфор қышқылының тұзы, минералды з а т .*

**ФОСФАТАЗАЛАР** зат. хим. *Фосфор қышқылының күрделі эфирлерінің гидролизін тездетуші және организмде фосфаттардың дәрежесін көтермелейтін ферменттер.*

**ФОСФАТИДТЕР** зат. биол. *Организмде май, май қышқылдарын және холестеринді тасымалдауға қатысатын күрделі липидтер.*

**ФОСФАТТАУ** зат. хим. *Беттерді бояуға дайындауға және металдың бетіне жемірлікке қасиеттері бар ерімейтін фосфаттардан жұқа қабықша жалатуға арналған технологиялық операция.*

**ФОСФИДТЕР** зат. хим. *Фосфордың электрон, элементтермен химиялық қосылыстары.*

**ФОСФИН** зат. хим. *Фосфор гидриді, жағымсыз иісті газ $PH_3$.*

**ФОСФОНИЙ** [итал. fosfonio] зат. хим. *PH+4. Бір оң валентті радикал.*

**ФОСФОР** [грек. phosphoros] зат. хим. *Кейбір минералдарда, жануарлардың сүйегінде, жанды организмдер мен өсімдік клеткаларында болатын тез тұтанғыш әрі қараңғыда жылтырап тұратын химиялық элемент.*

**Фосфор қышқылы.** хим. *Фосфор тотықтары негізінде түзілетін оттекті қышқыл.* **Фосфор тотығы**. хим. *Фосфордың оттегімен біріккен қосылысы.*

**ФОСФОРЕСЦЕНЦИЯ** [грек. phosphoros – жарық тасығыш, лат. escentia – әлсіз әсерді білдіретін жұрнақ] зат. физ. *Қоздыру әсері тоқтағаннан кейін де белгілі бір уақытқа дейін созылатын люминесценция құбылысы.*

**ФОСФОРИЛДЕУ** зат. хим. *Органикалық қосылыстардағы сутек атомдарының фосфор қышқылдарының орынбасу процесі.*

**ФОСФОРИТ** зат. хим. *Кальций фосфаттарынан алынатын сұрғылт сары түсті тыңайтқыш минерал.*

**ФОСФОРЛЫ** сын. *Фосфоры көп.*

**Фосфорлы тыңайтқыштар**. *Өсімдікті қоректіне қажетті фосформен қамтамасыз ету үшін қолданылатын минералды және органикалық заттар.*

**ФОТ** [грек. photos] зат. *Жарықталыну мен жарқыраудың ескірген өлшем бірлігі.*

**ФОТО** [грек. phos, photos] зат. **1.** *Фотосурет, фотографиялық жолмен түсірілген сурет.* **2.** *Жарыққа қатысы бар күрделі сөздердің бастапқы бөлігі.*

**ФОТОАЙҒАҚ** зат. кіт. *Бұлтартпай дәлелдеуді қажет ететін істерде пайдаланылатын фотоға түсірілген нысан.*

**ФОТОАЛЬБОМ** зат. *Фотосуреттер жапсырылған альбом.*

**ФОТОАППАРАТ** зат. *Фотосуретке түсіретін аспап.*

**ФОТОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Фотографияға тән.*

**ФОТОКАРТА** зат. **1.** әск. *Жергілікті жердің жоспарлы фотобейнесі мен сол жердің топографиялық картасында бар мәліметтерді қамтитын фотоқұжат.* **2.** *Картографиялық көрсетулер, горизонтальдар, жазулар түсірілген фотопланнан алынған полиграфиялық оттиск.*

**ФОТОКАРТОЧКА** зат. сөйл. ***Фотосурет.***

**ФОТОКАТОД** зат. физ. *Теледидарлық электрондық-сәулелік беру құралының катоды.*

**ФОТОКОЛОРИМЕТР** зат. хим. *Фотометрлеулік өлшеулер жүргізуге арналған аспап.*

**ФОТОКОРРЕСПОНДЕНТ** зат. *Суретке түсіру жұмысымен шұғылданатын журналист.*

**ФОТОКӨРМЕ** зат. *Көпшіліктің байқауы үшін фотосуреттер ілінген орын.*

**ФОТОКӨШІРМЕ** зат. *Бір нәрсенің түпнұсқадан суретке түсіріліп алынған данасы.*

**ФОТОҚАҒАЗ** зат. *Түсірілген фотосуреттерді шығаратын арнайы қағаз.*

**ФОТОҚОНДЫРҒЫ** зат. *Фотосуреттік құрылғы.*

**ФОТОҚҰЖАТ** зат. *Фотоға түсіріліп сақталған құжат.*

**ФОТОЛАБОРАТОРИЯ** зат. *Пленкалардағы көмескі бейнелерді айқындап, фотосуреттерді шығаруға лайықталған арнайы қондырғылармен, аспаптармен, электр шамдарымен жабдықталған жұмыс бөлмесі.*

**ФОТОЛИЗ** [грек. phos – жарық, lysis – ыдырау] зат. физ. *Жұтылған жарық әсерінен молекулалардың ыдырауы.*

**ФОТОЛИТОГРАФИЯ** зат. *Таста не металл пластинкада жайпақ баспа формасын дайындаудың фотомеханикалық тәсілі.*

**ФОТОМӘРЕ** зат. спорт. *Бір немесе бірнеше жарысып келе жатқан спортшылардың (мәшине, ат т.б.) мәре сызығы бір мезгілде бірдей қиып өтетін жағдайында олардың қайсысының бірінші болғанын мәре сызығын фотосуретке түсіру арқылы анықтау.*

**ФОТОМЕТР** [грек. phos – жарық, metreo – өлшеймін] зат. *Жарық күшін өлшеуге арналған аспап.*

**ФОТОМЕТРИЯ** зат. физ. *Физикалық оптиканың сәуленің энергетикалық сипаттамаларын қарастыратын бөлімі.*

**ФОТОМЕТРИЯЛЫҚ** сын. *Фотометрияға қатысты.*

**Фотометриялық талдау.** физ. *Әртүрлі заттардың инфрақызыл немесе ультракүлгін сәулелендуі, сол сияқты күндізгі жарықты өткізу, сіңіру немесе шашырап тарау мөлшерін өлшеуге негізделген талдаудың оптикалық әдісі.*

**ФОТОМЕХАНИКА** зат. *Фотографияны механика жолымен жүзеге асыратын тәсіл.*

**ФОТОМОДЕЛЬ** [ағыл. foto – сурет, model – модель] зат. *Жарнамалық мақсатта суретке түсетін сымбатты, келбетті адам.*

**ФОТОМОНТАЖ** зат. *Ортақ тақырыпқа құрастырылған фотосуреттер топтамасы.*

**ФОТОН** [грек. phos (photos) зат. физ. *Электромагниттік сәуленің кванты; элементар бөлшек.*

**ФОТООБЪЕКТИВ** зат. тех. *Фотоаппараттың бірнеше линзалардан тұратын бір бөлшегі.*

**ФОТОӨНЕР** зат. *Фотографияның көрермenге әсер ететін барлық мүмкіншіліктерін пайдалану негізіне құрылған көркем шығармашылықтың бір түрі.*

**ФОТОӨТКІЗГІШТІК** зат. физ. *Электрмагниттік сәуле әсерінен заттың электр өткізгіштігінің өзгеруі.*

**ФОТОПЕРИОДИЗМ** зат. *Қоңыржай белдеуде қоныстанған организмдердің тіршілік барысын уақыт кеңістігінде реттейтін маңызды белгілердің бірі, яғни күннің жарық мерзімі.*

**ФОТОПЛЕНКА** зат. ***Фотоүлдір.***

**ФОТОПОЛИМЕРЛЕНУ** зат. хим. *Жарық әсерінен өтетін полимердің түзілу процесі.*

**ФОТОПРИНТЕР** [ағыл. foto – сурет, printer – басып шығару] зат. *Сандық камерамен түсірілген түрлі-түсті суреттерді басып шығаратын принтер.*

**ФОТОРЕЗИСТОР** зат. *Жұмысы ішкі фотоэффектіге негізделген, жарық әсерінен электрлік кедергісі кеміп, электрөткізгіштігі артатын шалаөткізгіш аспап.*

**ФОТОРЕПОРТАЖ** зат. *Газет-журнал беттерінде фотосуреттерді бір арағa жинақтап жариялау арқылы берілген мәлімет, хабар.*

**ФОТОРЕПОРТЕР** зат. *Фоторепортаж ісімен айналысып жүрген фотограф.*

**ФОТОРЕЦЕПТОРЛАР** [грек. phos – жарық, лат. recipere – қабылдау] зат. биол. *Тірі организмдердің ішкі және сыртқы орта тітіркендіргіштерінің әсерін қабылдап, оларды ерекше электрхимиялық сигналдарға айналдыратын арнаулы сезімтал жүйке ұштары; жарық қабылдаушы және жарыққа сезімтал құрылымдар.*

**ФОТОРЕЦЕПЦИЯ** [грек. phos – жарық, лат. receptio – қабылдау] зат. биол. *Бір клеткалы организмдердің немесе арнаулы фоторецепторлық құрылымдардың жарық қабылдауы.*

**ФОТОСИНТЕЗ** [грек. phos – жарық, synthesis – қосылыс] зат. биол. *Жапырақтардағы хлорофилдерде күн сәулесінің көмегімен органикалық емес заттардан, яғни көмір қышқыл газы мен судан органикалық заттардың түзілу процесі.*

**ФОТОСИТАЛДАР** зат. хим. *Жарық сезгіш шыныны фототермохимиялық өңдеу арқылы алынатын ситалдар.*

**ФОТОСУРЕТ** зат. *Заттың, адам тұрпатының фотографияға түсірілген кескіні.*

**ФОТОСФЕРА** [грек. phos – жарық, sphaira – шар] зат. *Күн атмосферасының төменгі қабаты.*

**ФОТОТЕЛЕГРАММА** зат. *Қолдан мәтін күйінде фототелеграф арқылы жеткізетін жеделхат.*

**ФОТОТЕЛЕГРАФ** [грек. phos – жарық, tele – алыс, grapho – жазамын] зат. *Заттың бейнесін, суреттер, қолжазба, фотосуреттерді алыстан телеграф немесе радио арқылы беретін техникалық құрал.*

**ФОТОТЕРАПИЯ** [грек. phos – жарық, therapeia – қамқорлық] зат. мед. *Науқасты сәуле жарығымен емдеу жолы.*

**ФОТОТЕРІМ** зат. *Кітап-журналдарды фото тәсілімен теру.*

**ФОТОТРАНЗИСТОР** зат. *Ішкі фотоэффекті негізінде жұмыс істейтін, фототокты күшейту үшін транзисторлар құрылымдары мен жұмысы пайдаланылатын фотоэлектрондық шалаөткізгіш аспап.*

**ФОТОТЫНЫС: фототыныс алу.** *Жарықпен тыныс алу — өсімдік клеткасында жарықтың әсерінен оттектің сіңірілің, көмірқышқыл газдың бөліну қарқынының арту процесі.*

**ФОТОТІЛШІ** зат. *Газет-журналдарда ақпараттарды фото арқылы бейнелеп беретін тілші.*

**ФОТОҮЙІРМЕ** зат. *Мектеп жанынан ашылған балаларды фотосурет өнеріне баулитын арнайы топ.*

**ФОТОҮЛДІР** зат. *Фотографияда заттың бейнесін түсіріп алу үшін пайдаланатын жарық сезгіш лента.*

**ФОТОҮЛКЕЙТКІШ** зат. *Шағын, кішкене суреттерді үлкейтетін аппарат.*

**ФОТОХИМИЯ** зат. *Химия ғылымының жарық сәулелері әсерінен жүретін реакцияларды зерттейтін саласы.*

**ФОТОХИМИЯЛЫҚ** сын. *Фотохимияға қатысты, соған тән.*

**ФОТОХРОМДЫ: фотохромды шыны.** хим. *Сәулемен әсер еткенде қайтымды күңгірттене алатын шыны.*

**ФОТОХРОМИЗМ** [грек. photoschroma] зат. хим. *Жарық әсерінен және зат түсінің өзгеруімен өтетін молекула, ион, радикал құрылымының немесе электрондық күйінің қайтымды өзгеру құбылысы.*

**ФОТОХРОНИКА** зат. *Болып өткен оқиғаны фотосуреттер арқылы көрсететін хабар.*

**ФОТОШАБЛОН** зат. *Мөлдір және қарайтылған бөліктері; микросызбаның қабатты суреті бар шыны перде немесе фотоүлдір.*

**ФОТОШАҚПАҚ** зат. тех. *Фотоаппараттың жарық беретін, түсіретін құрылғысы.*

**ФОТОЭЛЕКТРОХИМИЯ** зат. хим. *Электрондық өткізгіш; электролит жүйесінде жарық және электр энергияларының өзара өзгерулерін зерттейтін электрохимия бөлімі.*

**ФОТОЭЛЕМЕНТ** [грек. phos – жарық, лат. elementum – табиғат бөлшегі] зат. физ. *Электрондар ағыны немесе электр тоғы жарық арқылы басқарылатын электрондық құрылғы.*

**ФОТОЭТЮД** зат. *Кездейсоқ, жеке бір тақырыпқа арналған шағын көлемді фотосурет.*

**ФОТОЭФФЕКТ** зат. физ. *Заттан электромагниттік сәуленің әсерінен электрондардың шығу құбылысы.*

**ФРАГМЕНТ** [лат. fragmentum] зат. *Музыкалық шығарманың, көркем мәтіннің үзіндісі.*

**ФРАЗА** [грек. phrasis] зат. **1.** әдеб. *Аяқталған бір ойды білдіретін көркем сөз.* **2.** лингв. *Сөйлеудің пауза арқылы ажыратылатын, интонациялық-мағыналық жағынан дербес, ең шағын бірлігі.*

**Фазалық талдау.** хим. *Зерттелетін жүйенің құрамындағы жеке фазалардың құрамы мен құрылымын анықтайтын талдау әдісі.*

**ФРАЗЕОЛОГИЯ** [грек. phrasis – сөйлемше, logos – ұғым] зат. лингв. **1.** *Тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін тіл білімінің саласы.* **2.** *Белгілі бір тілге тән тұрақты сөз орамдарының жиынтығы.*

**ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ** сын. лингв. *Тұрақты сөз тізбектеріне қатысты.*

**Фразеологиялық байлаулы мағына**. лингв. *Сөздің белгілі ғана сөздермен тіркесу арқылы, яғни фразеологиялық тіркестерде берілетін лексикалық мағынасы.* **Фразеологиялық сөздік**. лингв. *Тілдегі сан алуан тұрақты тіркестерді жинап, мағыналық жағынан бір жүйеге түсіретін лексикографиялық еңбек.* **Фразеологиялық тіркес**. лингв. *Тұрақты сөз тізбектері.*

**ФРАЗОГРАФИЯ** зат. *Пиктография, логография, тұтас айды таңбалайтын жазудың дыбыстық түріне дейінгі түрі.*

**ФРАК** [франц. frac] зат. *Алдыңғы екі етегін артқы бойына қарай қиғаштап ойып тіккен, ұзын етекті ерлер киімінің түрі.*

**ФРАКИЯЛЫҚТАР** зат. *Ежелгі заманда Балкан түбегінің солтүстік-шығысын мекендеген үндіеуропалық тайпалардың жалпы атауы.*

**ФРАКЦИОНЕР** зат. қоғ.-саяси. *Саяси бір партияның ішінде өз алды оқшауланған шоғырдың мүшесі.*

**ФРАКЦИЯ** [франц. fraction] зат. қоғ.-саяс и. *Белгілі бір партия мүшелерінің парламенттегі, қоғамдық ұйымдардағы тобы немесе саяси партия ішіндегі бір топ болып, оқшауланған шоғыры.*

**ФРАКЦИЯЛЫҚ** сын. *Фракцияға қатысты.*

**Фракциялық конденсация.** хим. *Газдық қоспаларды салқындатып бөлу әдісі.*

**ФРАКЦИЯШЫЛ** сын. *Алалық тудыруға бейім, жікшіл.*

**ФРАКЦИЯШЫЛДЫҚ** зат. *Алалық туғызуға бейімдік, жікшілдік.*

**ФРАНК** [франц. franc] зат. *Франция, Бельгия мен Швейцария елдерінің ақша бірлігі.*

**ФРАНКО** [итал. franco] зат. экон. *Тауарды сатып алу-сату (жеткізу) мәмілесінде шартта көрсетілген жерге дейінгі көлік шығынын сатушы мен сатып алушы арасында бөлісуді білдіретін коммерциялық термин.*

**Франко баға**. экон. *Өнімді тапсырыс берушіге жеткізуге байланысты көлік шығынының орнын толтырудың көзделген тәртібін ескере отырып белгіленген көтерме сауда бағасы.*

**ФРАНКО-ТАЛАП** зат. экон. *Сату шарты. Бұл шартқа сәйкес жүктерді тиеуге және тасымалдауға жұмсалатын тікелей шығындардың тауар бағасына енгізілуіне байланысты сатып алушы осы шығындардан босатылады.*

**ФРАНЦИЙ** [лат. Francium] зат. хим. *Радиоактивті химиялық элемент, таңбасы - Fr.*

**ФРАНЦУЗ** зат. *Франция мемлекетінің негізін құраған, үндіеуропа тіл тобының бірі болып саналатын халық, сол халық өкілі.*

**Француз тілі**. лингв. *Үндіеуропа тілдері шоғырының роман тобына жататын француз халқының тілі.*

**ФРАНЦУЗША** үст. *Француз тілінде, француз үлгісінде.*

**Французша күрес**. спорт. *Грек-рим, классикалық күрес түрінің XX г. 30-жылдарындағы кезеңдік атауы.*

**ФРАНЧАЙЗИНГ** [ағыл. franchise] зат. экон. *Ұзаққа созылған іскерлік қатынас түрі.*

**ФРАНШИЗА** [франц. franchise] зат. экон. *Сақтандыру шартының сақтандырушыны белгілібір мөлшерден аспайтын залалдарды төлеуден босатуды көздейтін талабы.*

**ФРАХТ** [нем. Fracht] зат. экон. *Теңіз немесе әуе жолымен жүкті тасымалдау үшін төленетін ақы.*

**ФРАХТ-АУТ** зат. экон. *Тауар сату кезінде жұмсалған көлік шығыны.*

**ФРАХТО-АВАНС** зат. *Тасымал-аванс.*

**ФРАХТ-РЕЛИЗ** зат. экон. *Тасымал-хабарлама.*

**ФРЕГАТ** [франц. fregate] зат. әск. **1.** *Үш діңгекті, желкенді соғыс кемесі.* **2.** *Кейбір мемлекеттердің флотында крейсерлік, күзетшілік қызметіндегі соғыс кемесі.*

**ФРЕЗЕР** [франц. fraise] зат. тех. *Металдан не ағаштан жасалған түрлі заттардың сыртын жонып, өңдеуге арналған, бірнеше айналмалы тістері бар үсталық сайман.*

**ФРЕЗЕРЛЕ=** ет. *Айналмалы тістері бар үсталық сайманымен металдан не ағаштан жасалған заттардың сыртын жонып өңдеу.*

**ФРЕЗЕРЛЕУ** *Фрезерле етістігінің қимыл атауы.*

**ФРЕЗЕРШІ** зат. *Фрезер станоғымен жұмыс істейтін маман жұмысшы.*

**ФРЕНОЛОГ** зат. *Френология жолын қуған адам.*

**ФРЕНОЛОГИЯ** [грек. phren – ақыл, logos – ілім] зат. *Адамның психологиясын бас сүйегінің бітіміне қарап білуге болады дейтін жалған ғылыми теория.*

**ФРЕНЧ** зат. *Сыртынан бастырыла тігілген үлкен-үлкен төрт қалтасы бар әскери үлгідегі кеудеше.*

**ФРЕНЧАЙЗИНГ** зат. экон. *Ірі корпорация лар мен ұсақ фирмалар не жекелеген кәсіпкерлер арасында жасалынған мәміле.*

**ФРЕОНДАР** [лат. frigor] зат. *Тоңазытқыш машиналарда суытқыш реагент ретінде қолданылатын құрамында фторы бар қаныққан көмірсутектердің қосылыстары.*

**ФРЕСКА** [итал. fresco] зат. *Дуалға, қабырғаға сылағы кеппей тұрғанда салынатын сырлы сурет, кескіндеме.*

**ФРИЗДЕР** зат. *Ұлт; Нидерландтағы халық.*

**ФРИКАТИВ** [лат. fricatus] сын. лингв. *Дыбыстау мүшелерінің жуысуынан сүзіліп шығатын ызың (дыбыс).*

**ФРИКАТИВТІ** [ағыл. fricare] сын. лингв. *Дыбыстағанда ауа шұғыл шықпайтын, ызыңды.*

**ФРИКЦИЯЛЫҚ: фрикциялық жұмыссыздық.** *Қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.*

**ФРИСТАЙЛ** [ағыл. freestyle] зат. спорт. *Тау шаңғысы спортында төменге жылдамдықпен түсуді акробатика элементімен ұштастыратын түрі.*

**ФРИСТАЙЛШЫ** зат. спорт. *Фристайл спортымен шұғылданатын спортшы.*

**ФРОНТИНГ** зат. экон. *Компания сақтандыру полисін тіркегенімен тәуекелді басқа сақтандырушыға табыстайтын операция.*

**ФРОНТИТ** [лат. frons] зат. мед. *Маңдай қуысының қабынуы.*

**ФРУКТОЗА** [лат. fructus] зат. хим. *Жеміс-жидек шырыны, қантты, моносахаридтер тобына жататын тәтті з а т .*

**ФРУСТРАЦИЯ** [лат. frustratio] зат. псих. *Мақсатқа жету жолында жеңу мүмкін емес (немесе субъективті қабылданатын) қиыншылықтардан объективті негізде туындайтын жүріс-тұрыс пен уайым ретінде танылатын адамның психикалық қалпы.*

**ФТАЛОЗОЛ** зат. *Дизентерия, гастроэнтерит т.с. ауруларды емдеу үшін қолданылатын суда ерімейтін ақ ұнтақ з а т .*

**ФТАЛОИЛАКРИДОН** зат. хим. *Кубтық бояғыштар өндірісінде қолданылатын антрохинон туындысы.*

**ФТАЛОИЛКАРБАЗОЛДАР** зат. хим. *Полициклді қосылыс.*

**ФТАЛОЦИАНОГЕНДЕР** зат. хим. *Мата бетінде тікелей фталоцианинді бояғыштар түзуші қосылыстардың ТМД-да қабылданған атауы.*

**ФТАМИНДЕР** зат. хим. *Ксантогенді бояғыштарға жататын синтетикалық бояғыштар.*

**ФТИЗИАТР** [грек. phthisis – құрт ауруы, iater – дәрігер] зат. *Фтизиатр мамандығына ие дәрігер.*

**ФТИЗИАТРИЯ** [грек. phthisis – құрт ауруы, iatreia – емдеу] зат. мед. *Медицинаның өкпе туберкулезінің емдеу әдісін зерттейтін бөлімі.*

**ФТОНИТ** зат. геол. *Шөгінді тау жынысы.*

**ФТОР** [грек. phthoros] зат. хим. *Ащы иісті, улы газ түріндегі солғын сары түсті элемент.*

**Фтор қосылыстары.** хим. *Құрамында фторы бар химиялық заттар.*

**ФТОРИДТЕР** зат. хим. *Элементтердің фтормен бинарлы химиялық қосылыстары.*

**ФТОРКӨМІРТЕКТЕР** зат. хим. *Сутек атомдарының орнын түгелдей фтор атомдары басқан көмірсутектердің туындылары.*

**ФТОРЛАУ=** ет. **1.** *Химиялық қосылыстарды фтормен өңдеу арқылы тотықтыру.* **2.** *Өнімге фтор қосылыстарын енгізу.*

**ФТОРОЛИТТЕР** зат. геол. *Фторға бай шөгінді таужыныстар.*

**ФТОРОМЕТРЛЕУ** зат. хим. *Фторидтер немесе фторидті кешендер көмегімен F-, A13+, Fe3+, Si4+ және т. б. иондарды анықтауға арналған талдаулық әдістер жиынтығы.*

**ФТОРОФОРМ** зат. хим. *CHF3 - фторкөміртек; тыныс жолдарын қоздыратын газ.*

**ФТОРПЛАСТАР** зат. хим. *Фторлы полимерлердің, сонымен қатар этилен фтортуындыларының фторолефиндермен, этиленмен, пропиленмен және басқа олефиндермен қосаполимерлерінің техникалық атауы.*

**ФТОРПЛАСТЫ: фторпласты эмальдар.** хим. *Фторпласты лак негізіндегі эмальдар.*

**ФТОРПОЛИМЕРЛЕР** зат. хим. *Макромолекулаларының құрамына фтор атомдары кіретін полимерлер; жылуға төзімді, химиялық тұрақты, диэлектрлік қасиеттері жоғары, үйкелу коэффициенттік мәндері төмен материалдар.*

**ФТОРСИЛИКАТТАР** зат. хим. *Кремний фторсутек қышқылының H2SiF6 тұздары.*

**ФТОРСУТЕК** зат. хим. *HF - фторорганикалық қосылыстар алуда қолданылатын шикіз а т .*

**ФУГА** [итал. fuga] зат. муз. *Музыкалық шығармадағы негізгі сарынның бірнеше дауыспен ұлғайып, кеңейіп қайталануы.*

**ФУГАС** [франц. fougasse] зат. *Ішінде жарылғыш заты бар мина.*

**ФУГАСТЫ**: **фугасты бомба [снаряд].** әск. *Нысананы атқылағанда оған оқтың не жалынның күшімен емес, жарылғанда пайда болатын газдармен әсер ететін жарылғыш з а т .*

**ФУГАТ** зат. хим. *Суспензияны үйіртқілегенде бөлінетін сұйық фаза.*

**ФУГИТИВТІК** зат. хим. *Идеалды газдар күйлерінің теңдеуіндегі қысымның орнына қойғанда, ол теңдеулерді реал газдардың қасиеттерін сипаттауға жарайтындай ететін шама.*

**ФУГУ** зат. *Улы балық.*

**ФУЖЕР** [франц. fougere] зат. *Үлкен рюмка тәрізді етіп жасалған шарап не сусын ішетін бокал.*

**ФУЗАРИОЗ** зат. биол. *Фузариум туысына жататын саңырауқұлақтар тудыратын өсімдік ауруы.*

**ФУКС** [нем. Fuchs] зат. спорт. *Бильярда күтпеген жерден торқалтаға түскен шар.*

**ФУКСИНДЕР** зат. хим. *Тоқыма емес материалдарды бояуда бояғыштар ретінде, сонымен қатар сия, түсті қарындаштар жасауда қолданылатын трифенилметан туындылары.*

**ФУКСИТ** зат. хим. *Минерал, құрамында 1-6% Cr2O3-і бар мусковиттің түрі; хроммусковит.*

**ФУКСИЯ** [нем. Fuchsie] зат. өс. *Гүлінің көбі ашық ал қызыл түсті, көбіне сән үшін үйде өсірілетін өсімдік.*

**ФУЛЬМИНАТТАР** зат. хим. *Күркіреуік қышқылдың тұздары.*

**ФУМАРОЛА** [итал. fumarola] зат. *Жанартаудан шығатын ыстық газдар мен су буы.*

**ФУМИГАНТТАР** зат. хим. *Газ немесе бу тәрізді күйде қолданылатын немесе қолдану кезінде газ тәрізді агент бөліп шығаратын пестицидтер.*

**ФУМИГАЦИЯ** [франц. fumigation] зат. экон. *Кеме трюмоларын, порт қоймаларын, жүктерді зиянкестерге қарсы дәрілеу.*

**ФУНГИЦИДТЕР** [лат. fungus – саңырауқұлақ caedo – өлтіру] зат. хим. *Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің саңырауқұлақ ауруларына қарсы қолданылатын химиялық заттар.*

**ФУНДАЛЬ** [лат. fundus]**: фундаль безі.** анат. *Адам мен омыртқалы жануарлардың қарынының қабырғасы мен түбінің шырышты қабатында орналасқан без.*

**ФУНДАМЕНТ** [лат. fundamentum] зат. **1.** құр. *Үйдің іргесі, табаны.* **2.** ауыс. *Бір істің негізі.*

**ФУНДАМЕНТАЛДЫ** сын. *Іргелі, негізі нық, тиянақты, басты.*

**ФУНДАМЕНТАЛИСТ** зат. экон. *Банкінің немесе делдалдық компанияның нарық жағдаятына талдау жасауға маманданған қызметкері.*

**ФУНДУК** зат. өс. *Кавказ бен Қырымда өсетін жаңғақ тектес бұталы өсімдік, сондай-ақ осы бұтаның жеуге жарайтын жемісі.*

**ФУНИКУЛЕР** [франц. funiculaire] зат. *Тік беткейлерге вагонды темір арқанмен сүйреп шығаратын, рельстерінің арасында вагон кейін сырғып кетпес үшін орнатылған тісті рейкалары бар тау теміржолы.*

**ФУНКЦИОНАЛ** зат. мат. *Бір не бірнеше функцияға тәуелді болатын айнымалы шаманы білдіретін математикалық ұғым.*

**ФУНКЦИОНАЛДЫ** сын. *Бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты.*

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ** сын. *Бір нәрсенің қасиеттеріне байланысы жоқ, тек атқаратын қызметіне сәйкес.*

**Функционалдық грамматика.** лингв. *Тілдің грамматикалық формаларының мәтіндегі, сөз ішіндегі қызметінен шығарылған мағынаны қарастыратын грамматика; жұмсалымды грамматика.* **Функционалдық лингвистика.** лингв. *Структуралық лингвистиканың бір тарауы ретінде пайда болған мектеп пен бағыттардың жиын-тығы.* **Функционалдық стиль.** лингв. *Сөздің көркемсөз, шаршысөз, ғылыми, ресми және сөйлеу тілі стильдеріндегі қолданыс ерекшелігі.*

**ФУНКЦИОНАЛИЗМ** [лат. functio] зат. *20 ғасырдағы сәулет өнерінде өріс алған бағыт.*

**ФУНКЦИЯ** [лат. functio] зат. **1.** *Өзіндей басқа бір өзгеріске тәуелді, соның әуенімен бірге өзгеретін құбылыс.* **2.** мат. *Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділікті білдіретін математикалық ұғым.* **3.** *Дене мүшелерінің, организмнің атқаратын қызметі.* **4.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің рөлі, маңызы.* **5.** *Қызмет бабына байланысты, жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің жалпы аумағы.*

**Функция тақырыбы.** инф. <ағыл. function header> *Функция идентификаторы және формальды параметрлер тізімін қамтитын функция сипаттамасының бастапқы бөлігі.*

**ФУНКЦИЯЛЫҚ** сын. *Функциясына қызметіне қатысты.*

**Функциялық талдау.** хим. *Берілген затқа тән функциялық топтарды анықтайтын талдау әдісі.*

**ФУНТ** [ағыл. pound (sterling)] зат. *Кейбір елдердегі ақша өлшемі.*

**Фунт стерлинг**. қаржы. *Англиядағы негізгі ақша өлшемі.*

**ФУРАЖКА** зат. *Жалпақ жиекті, маңдай алды биіктеу келген күнқағары бар жаздық бас киім.*

**ФУРАН** зат. хим. *Бесмүшелі сақиналы оттекті гетероциклді қосылыс.*

**ФУРАНОЗАЛАР** зат. хим. *Моносахаридтердің циклді түрлері.*

**ФУРАЦИЛИН** зат. мед. *C6H16O4N4 - антисептикалық дәрі.*

**ФУРГОН** [франц. fourgon] зат. **1.** *Үсті жабық, жүк таситы арба.* **2.** *Жүк не жолаушылар тасушы автомобильдің, тіркеменің белгілі бір жүкті (тамақ өнімі, жиһаз, мал, т.б.) тасымалдауға арналған арнаулы жабық қорабы.*

**ФУРКИ** зат. *Театр спектакльдерінде декорациялық жасау-жиһаздарды қажет кезінде сахнада жылжытып тұруға көмектесетін платформа.*

**ФУРМА** [нем. Form] зат. *Металлургиялық пештер мен агрегаттарда үрлеу процесінде қолданылатын құрылғы.*

**ФУРНИТУРА** [франц. fourniture] зат. *Ағаштан, металдан, басқа да материалдардан әшекей ретінде, болмаса айылбас, тартпа, қыстырма, ілгек ретінде жасалған заттар.*

**ФУРОР** [лат. furor] зат. экон. *Даңғаза табыс.*

**ФУРУНКУЛЕЗ** [лат. furunculus] зат. мед. *Денеге бірнеше сыздауықтың шығуынан терінің іріңді қабынуы.*

**ФУРФУРОЛ** [лат. furacilin] зат. хим. *Фуран алуда, шайырлар өндірісінде еріткіш ретінде және т. б. қолданылатын альдегид, фуран туындысы.*

**ФУРШЕТ** [франц. faurchette] зат. *Ресми жиналыстардың үзілістерінде, салтанатты кештерде тұрып тамақтануға арналған жеңіл тағамдар дастарханы.*

**ФУСТИ** зат. экон. *Тауардағы қоспа үшін ретінде берілетін таразыдан кемітілген шегерім.*

**ФУТ** [ағыл. foot] зат. *Ағылшын өлшем жүйесіндегі 12 дюймге (30, 48 см) тең ұзындық өлшемі.*

**ФУТБОЛ** [ағыл. football] зат. спорт. *Әрқайсысы он бір адамнан құрылған екі команданың допты аяқпен теуіп жүріп, қарсы жақтың қақпасына түсіруді мақсат ететін спорт ойыны; аяқдоп.*

**ФУТБОЛКА** зат. *Спортшылар, сондай-ақ көпшілік киетін қысқа жеңді, қайырма жағалы тоқыма жейде.*

**ФУТБОЛСҮЙЕР** сын. *Футбол ойынын тамашалағанды, ойнағанды ұнататын.*

**ФУТБОЛШЫ** зат. спорт. *Футбол командасының ойыншысы.*

**ФУТЗАЛ** зат. спорт. *Залда ойналатын шағын футбол.*

**ФУТЗАЛШЫ** зат. спорт. *Футзалмен шұғылданатын спортшы*

**ФУТУРИЗМ** [лат. futurum] зат. *XX ғасырдың бас кезінде әдебиет пен көркемөнер саласында реализмді жоққа шығарып, ескі дәстүрлер мен тәсілдердің бәрін күйрететіндей жаңа стиль тудырмақ болған буржуазияшыл формалистік бағыт.*

**ФУТУРИСТ** зат. *Футуризм бағытындағы адам.*

**ФУТУРОЛОГИЯ** [лат. futurum – болашақ, logos – ілім] зат. *Адамзаттың және қоғам тұрмысының жекелеген салаларының болашақтағы дамуын болжап білу мақсатын көздейтін кешенді ілім.*

**ФУТШТОК** [нем. Footstock] зат. *Теңіз, өзенкөл жағалауларындағы су өлшейтін орындарда судың деңгейін бақылау үшін қондырылған, бөліктерге бөлінген таяқша-аспап.*

**ФУФАЙКА** зат. *Тысы мен астары арасына жүн не мақта салып, сырып тіккен шолақ сырт киім.*

**ФУФАЙКАЛЫ** сын. *Фуфайка киген, фуфайкасы бар.*

**ФУШТЫ** зат. көне. *Тарақ.*

**ФҰРСАТ** зат. ескікіт. *Мүмкіндік, мұрсат.*

**ФЬЮЧЕРС** зат. экон. *Нақты материалдық*

*немес бейматериалдық өнімнің белгілі бір мөлшерін жеткізу немесе алу күні ескерілетін биржалық келісімшарт.*

**ФЬЮЧЕРСТІК: фьючерстік келісімшарт**. экон. *Биржа активін мәміле жасасу сәтінде тараптар белгілеген баға бойынша келешекте белгілі бір сәтте сатып алу-сату (жеткізу) жөніндегі стандарттық биржалық шарт, яғни келешектегі тауар жеткізілімі туралы келісім.*

**Фьючерстік мәміле.** <ағыл. futures fransactions> *Тауар және қор биржасындағы мәміле түрі, мерзімдік мәміле.*

**ФЭКТОР** зат. экон. *Сауда фирмасының тапсыруымен сатып алушыдан борышты өндіріп алушы сенімді өкіл, агент, делдал.*

**ФЭКТОРИНГ** зат. экон. *Делдалдық сауда фирмасының өз тапсырыскеріне ұзақмерзімді келісімшарт негізінде қызмет көрсетуі.*

**ФЮЗЕЛЯЖ** [франц. fuselage] зат. *Ұшақтың барлық бөлшектерін тұтастыра бекітіп тұрған құрсауы, корпус.*

**ФЮЗЕН** [франц. Fusain] зат. хим. *Көмірдің құрамдас бөлігі.*

**ФЮЗЕНДЕНУ** зат. хим. *Өсімдіктердің лигнин-целлюлозалық тіндер қалдығының тотығып өзгеру процесі.*

**ФІТНӘ** [ар. فتنه] зат. **1.** *Таңғажайып, таңғаларлық, бойтартарлық.* **2.** *Еліктіруші, қызықтырушы, арбаушы, алдамшы.* **3.** *Көтеріліс, бүлік, бүліншілік.* **4.** *Ақылсыздық, есуастық.*

**ФІДИЯ** зат. ескікіт. ***Підия.***

**ФЭН-ШУЙ** [қыт. фэн – жел, шуй – су] зат. *Дүниенің энергетикалық табиғатын танып білу арқылы қоршаған ортамен үйлесімділік іздеудің, адам денсаулығына, отбасы тіршілігіне, еңбек ету қабілетіне игі әсері туралы ежелгі қытайлық ілім.*

# Х

**Х 1.** *Тілдің түбі таңдайдың артқы шенімен нық жымдаспай, тек жуысуынан пайда болатын ызың дауыссыз дыбыс.* **2.** *Қазақ әліпбиіндегі осы тіл арты, ызың, қатаң дауыссыз дыбыстың графикалық таңбасы, әріп.*

**ХАБАР** [ар. خبر] зат. **1.** *Болған іс, оқиға, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет.* **2.** ресми. *Телерадио бағдарламалары арқылы берілетін ресми ақпараттар.*

**Хабар айтты.** *Сәлем жолдады, жеткізді, білдірді.* **Хабар алды.** а) *Хат-хабар келді, жай-жапсарды білді.* ә) *Құлағдар болды, хабарланылды.* **Хабар берді.** *Болған іс, оқиға жайын екінші бір жерге білдірді, мәлім етті.* **Хабар етті.** *Мәлімдеді, жеткізіп айтты.* **Хабар жоқ.** *Із-түзсіз, жым-жырт, хабарсыз.* **Хабар салды.** *Бір нәрсені мәлім қылды, білдірді, хабар жіберді.* **Хабар тиді.** *Хабар жетті, құлағдар болды.* **Хабары бар.** *Хабардар, білімді.* **Хабары жоқ.** *Еш нәрсе сезбейді, соңғы мәліметтері белгісіз, хабарсыз.*

**ХАБАРГЕР** зат. *Хабар беруші, тыңшы, жансыз.*

**ХАБАРДАР** [ар.+ир. خبردار] сын. *Біреудің я болмаса болған істің, оқиғаның мән-жайынан мағлұматы, дерегі бар, құлағдар.*

**ХАБАРДАРЛЫҚ** зат. *Бір нәрсе жайында мәліметі барлық, құлағдарлық.*

**ХАБАРЛА=** ет. *Болған оқиға немесе болатын іс жайлы айту, құлағдар ету, хабар беру.*

**ХАБАРЛАҒЫШ** зат. *Қабылдаған дыбысты естіртетін аспап.*

**ХАБАРЛАМА** зат. **1.** *Ауызша не жазбаша түрде қысқаша ғана баяндалатын мәлімет.* **2.** *Құлақтандыру ретіндегі хабарландыру.* **3.** жаңа. *Қолтелефон қызметі, ғаламтор арқылы екінші тарапқа берілетін, жазылатын хат.*

**ХАБАРЛАМАШЫ** зат. *Әр алуан тақырыптарға байланысты әңгіме, хабар беретін, айтатын адам.*

**ХАБАРЛАН=** ет. *Хабар есту, мәлімет алыну.*

**ХАБАРЛАНДЫР=** ет. *Хабар беру, хабардар ету, болар жайды білдіру.*

**ХАБАРЛАНДЫРУ**[1] зат. *Бір іс жайлы газет-журналға басылған не қағазға жазып, іліп қойылатын құлақтандыру.*

**ХАБАРЛАНДЫРУ**[2] *Хабарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАНДЫРЫЛ=** ет. *Хабар берілу, айтылу.*

**ХАБАРЛАНДЫРЫЛУ** *Хабарландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАНУ** *Хабарлан етістігінің қимыл атауы; хабар берілу.*

**ХАБАРЛАС=** ет. *Хабар алысу, хабар берісу.*

**ХАБАРЛАСТЫҚ** зат. *Бір нәрсе жайында мәліметі болушылық.*

**ХАБАРЛАСТЫР=** ет. *Хабар алысу, байланыстыру.*

**ХАБАРЛАСТЫРУ** *Хабарластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАСУ** *Хабарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАТ=** ет. *Хабар бергізу, хабардар ету.*

**ХАБАРЛАТТЫР=** ет. *Хабар жіберткізу, хабар бергіздірту.*

**ХАБАРЛАТТЫРУ** *Хабарлаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАТУ** *Хабарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ХАБАРЛАУ** *Хабарла етістігінің қимыл атауы; болған, істелген іс жайлы хабар беру.*

**ХАБАРЛАУШЫ** зат. *Бір нәрсе жайындағы мәліметті айтып жеткізуші.*

**ХАБАРЛАУШЫЛЫҚ** зат. *Мәлімет берушілік.*

**ХАБАРЛЫ** сын. *Бір нәрсе жайында мәліметі бар, хабардар.*

**Хабарлы сөйлем.** линг. *Бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылатын сөйлем.*

**ХАБАРНАМА** зат. окказ. *Ғылыми ақпараттың берілу әдістері мен жалпы қасиеттерін, құрылымын зерттейтін пән; информатика.*

**ХАБАР-ОШАР** зат. *Біреу не бір нәрсе жайынан айтылар дерек, мағлұмат.*

**ХАБАР-ОШАРСЫЗ** сын. *Із-түзсіз, дерексіз, мәліметсіз.*

**Хабар-ошарсыз кету.** *Азаматтың тұрақты тұрғылықты жерінде ұзақ уақыт бойына дерексіз жоғалуы.*

**ХАБАРСЫЗ** сын. **1.** *Қайда, қалай екені белгісіз, дерегі жоқ, хабар-ошарсыз.* **2.** *Хабар бермей, үн-түнсіз, тым-тырыс.* **3.** ауыс. *Ешбір түсінігі, хабары жоқ.*

**Хабарсыз қалды.** *Бейхабар болды, хабардар болмады.* **Хабарсыз кетті.** *Із-түзсіз, ұшты-күйлі жоқ болды.*

**ХАБАРСЫЗДЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсе жайынан хабары жоқтық, хабардар еместік, дерегі жоқтық.* **2.** *Ешбір түсінігі жоқтық, түк білмеушілік.*

**ХАБАРШЫ** зат. тар. *Ертедегі қазақ тұрмысында екі ел, екі ауыл, ру арасына қатысты оқиғаларды жеткізуші адам, хабар әкелуші, хабар беруші, хабарлаушы. // Белгі беретін, хабар беретін.*

**ХАБАС** ар. зат. ескікіт. *Қапас, тар қапас.*

**ХАБЕРТИОЗ** зат. вет. *Қой мен ешкінің ішқұрт ауруы.*

**ХАБИБ** ар. сын. ескікіт. *Сүйікті, қадірлі.*

**Хабиб Алла.** *Алланың сүйген құлы, Алланың сүйіктісі.*

**ХАДАКРИСТАЛДАР** зат. мин. *Пойкититтік құрылымда үлкен түйірлі минералдардың (ойкокристалдардың) ішіндегі ретсіз орналасқан ұсақ кірінді минералдар.*

**ХАДАЛИТТЕР** зат. геол. *Жанартау көмейінен төгілген лава құрамындағы әр түрлі қатты кіріктелер.*

**ХАДИМ** [ар. قديم] зат. *Ескі, бұрынғы.*

**ХАДИС** [ар. حديث] зат. діни. *Мұсылман қауымы өмірінің әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын, Мұхаммедтің сөзі мен істерін дәріптейтін аңыз әңгімелер; Ислам дініндегілердің ұғымы бойынша, Мұхаммед пайғамбардың айтқан қасиетті өсиеттері, сөздері.*

**Хадис ілімі.** діни. *Хадистерді зерттеуге арналған білім саласы [Ислам дамуының алғашқы кезеңінде-ақ жолдан қосылған жалған хадистер санының көбеюі мұсылман ғалымдары ортасында оларға қатысты сын көзқарас туғызды. Мұхаддистер айналымға күмәнді материалдардың қосылып кеткенін, «жалған» өсиеттерді анықтап, шынайы өсиеттерді олардан тазарту үшін зерттеу жүргізу қажеттігін түсіндірді].*

**ХАЖ** зат. діни. сөйл. ***Қаж.***

**ХАЖАРУЛ: хажарул асуад.** діни. *Қағбада орналасқан қасиетті қара тас.*

**ХАЖИП** ар. зат. ескікіт. *Қайраткер, жоғары дәрежелі қызметші.*

**ХАЗМОФИТТЕР** зат. өс. <грек. chasma – терең, жарық, phyton – өсімдік> *Мүжілу өнімдері жиналатын жартастар жарықтарында өсетін, тастақты мекенорта өсімдіктері (литофиттері).*

**ХАЗІР** ескікіт. ***Қазір.***

**ХАЗІРЕТ** [ар. حضرة] зат. **1.** *Дін басы.* **2.** *Ұлы мәртебелі, мырза, тақсыр.*

**Хазіреті Имам Ағзам.** діни. *Ғұлама Әбу Ханифа [Жоғары дәрежелі дін иесі, діни қағидаларға жүйрік, ғұлама Әбу Ханифа әл-Нұғман бин Сәбит әл-имам әл-ағзам (699-767 жылдар) –ханафиттік мазһабтың негізін салған сунниттік төрт ұлы имамның бірі, исламның діни іліміндегі жазба дәстүрді қалыптастырушылардың бірі, ислам негіздері туралы бірнеше еңбектердің авторы, хадистер жинағын құрастырушы].*

**ХАЙАЛ** ар. зат. ескікіт. *Қиял; арман.*

**ХАЙДАР** ир. зат. ескікіт. *Арыстан; Хазіреті Ғалидің эпитеті.*

**ХАЙЛА** зат. ***Айла.***

**ХАЙЛАШЫ** зат. *Айлакер, құ.*

**ХАЙРИНГ** [ағыл. hiring] зат. экон. *Негізгі құрал-жабдықты жалдаудың орта мерзімдік шарты, экспорттың тауарға меншік құқығын жалгерге табыстамай несиелендіру нысандарының бірі [қысқа мерзімге арналған жалгерлік рейтинг, ұзақ мерзімге арналған жалгерлік лизинг деп аталады].*

**ХАЙРИЯ** зат. *Дәрігерлік көмек беретін орта білімі бар маман.*

**ХАЙТЭК-КОМПАНИЯ** зат. экон. *Жоғары технологиялық үдерістерді енгізіп, қолданушы компания.*

**ХАЙУАН** [ар. حيوان] зат. **1.** *Төрт аяқты мақұлық, жануар.* **2.** ауыс. *Ардан безіп, азғындаған қаскүнем, жауыз.*

**ХАЙУАНАТ** [ар. حيوانات] зат. *Жан-жануарлардың, мақұлықтардың жалпы аты.*

**Хайуанаттар паркі**. *Жан-жануарларды, мақұлықтарды бір араға жиып, көпшілікке көрсету шараларымен шұғылданатын мекеме.*

**ХАЙУАНАТХАНА** зат. *Айуанаттар паркі, зоопарк.*

**ХАЙУАНБАҚ** зат. *Хайуанаттар паркі.*

**ХАЙУАНДЫҚ** зат. *Мақұлыққа тән іс-әрекет, қатыгездік.*

**ХАЙУАНИ** [ар. حيوانى] сын. *Хайуанға тән, хас.*

**ХАЙУАНША** үст. *Хайуанға ұқсап, хайуан сияқты (іс-әрекет).*

**ХАЙЫЗ** зат. ескікіт. *Әйелдердің айында бір қайталанып отыратын қан алмасу үдерісі, етеккір.*

**ХАЙЫЗДЫ** сын. *Әйелдердің етеккірі келген уақыты.*

**ХАЙЫЗ-НИФАС** зат. ескікіт. ***Етеккір.***

**ХАЙЫР** ар. з а т . е с к і к і т . *Жақсылық; садақа.*

**ХАЙЫР-ИХСАН** ар. з а т . е с к і к і т . *Адамшылық, жақсылық.*

**ХАКАМ** з а т . д і н и . *Түрлі құқықтық мәселелерді шешу үшін төрелікке жүгінетін құқық білгірі.*

**ХАКАС** з а т . *Ресей федерациясы құрамындағы Хакас автономиялық облысының негізгі тұрғын халқы, осы ұлттың өкілі.*

**Хакас тілі.** л и н г в . *Түркі тілдерінің шығыс тармағының ұйғыр-оғыз тобына жататын, Ресейдегі хакас ұлтының тілі.*

**ХАКЕР** [ағыл. hacker] з а т . **1.** *Ешқандай құқығы жоқ болса да жүйелі программалық жасақтамаға өзгеріс енгізуге әрекет жасайтын адам.* **2.** *Басқалардың файлдарындағы мәліметтерді өзгертетін компьютерлік бұзақы.* **3.** *Компьютермен және программамен әртүрлі тәжірибелер жасап, толық игеріп, кейде ешбір мақсатсыз-ақ оның мүмкіндіктерінің қырымен сырын ұғып, шарықтау шегінде жұмыс істейтін, содан ләззат табатын білімқұмар адам.*

**ХАКІМ** [ар. حكيم] з а т . **1.** к ө н е . *Даулы мәселені шешетін тәуелсіз төреші.* **2.** *Басқарушы, әкім.* **3.** *Оқымысты, данышпан, философ.*

**Хакім салды [қылды].** *Жария қылды, жарлық етті, үкім етті.*

**ХАКІМДІК** з а т . *Хакімге тән қасиет, әкімдік.*

**ХАКІМШІ** з а т . *Басқарушы, әкім.*

**ХАКІМШІЛІК** з а т . *Әкімшілік.*

**ХАҚ**[1] [ар. حق] з а т . *Нағыз шындық, шын, рас, ақиқат.*

**ХАҚ**[2] [ар. الحق] з а т . д і н и . *Құдайдың лақаб аттарының бірі; Алла, Құдай.*

**Хақ дидарын көрді.** *Діни сенім бойынша, Алла тағаланың рақым, шапағатын көру.* **Хақ ниет.** *Тура, дұрыс пиғыл, адал, түзу көңіл.* **Хаққа жарады.** *Аллаға, Құдайға істеген ісі жақты.* **Хаққа тапсырды.** к ө н е . *Алла тағалаға аманат етті.* **Хақ тағала.** *Жаратушы Құдай, Алла, Тәңірі.* **Хақтың жазуы.** *Бұйрықты іс, Алланың ісі, жазмышы деген мағынада.*

**ХАҚИҚАТ** [ар. حقيقة] з а т . д і н и . *Білім толысуымен байланысты сопылық сатының бірі.*

**ХАҚТЫҚ** з а т . *Ақтық, дұрыстық.*

**ХАҚЫ**[1] з а т . с ө й л . **1.** ***Ақы.*** **2.** *Біреудің адал еңбегі, үлесі, ақысы.*

**Хақын жеді.** *Еңбегін қанады, еңбекақысын бермеді, төлемеді.* **Хақын жүктеді.** *Обалына қалды, әділдіктен тайды.*

**ХАҚЫ**[2] з а т . *Ерік, құқық.*

**Хақы бар.** *Ерікті, құқыққа ие.*

**ХАҚЫЛЫ** с ы н . *Толық ерікті, құқылы.*

**ХАҚЫНДА** ш ы л . *Туралы, жөнінде, жайында.*

**ХАЛ** [ар. حال] з а т . **1.** *Бойдағы қуат, әл-дәрмен, шама.* **2.** *Тап болған жағдай, жай-күй.*

**Халден кетті.** *Ойға алған ісін орындай алмайтын болды, мүмкіншілігі шектеулі болды.* **Хал сұрады.** *Аурудың хал-жайын біліп, көңілін сұрады, жайын білді.* **Хал үстінде.** *Дүние салу алдында, өлім аузында; өлі мен тірінің арасында, өлім аузында.* **Халі бітті.** *Әлі кетті, күш-қуаты қалмады, қозғалуға да шамасы келмеді.* **Халі қиынға түсті.** *Жағдайы мүшкіл болды, қиындады.* **Халі мүшкіл.** *Жағдайы тым ауыр; жаман күйге тап болды.* **Халін [хал-жайын, жағдайын] сұрады.** *Жай-күйді, ахуалды білді.*

**ХАЛАЙЫҚ** [ар. خلائق] з а т . *Бір араға жиналған көпшілік, дүйім жұрт.*

**ХАЛАЛ** [ар. حلال] з а т . д і н и . **1.** *Рұқсат етілген әрекет, пайдалануға тыйым салынбаған тағам, зат.* **2.** *Некелесуге тыйым салу жүрмейтін әйел немесе ер адам.* **3.** *Бауыздалған малдың немесе аңның еті.* **4.** *Қажыға қол тапсырып қайтқан, шашын қырғызып, күнделікті киімін киіп, әдеттегі тіршілігіне кірісуге даяр адамның күйі.*

**ХАЛАП: халап болу.** к і т . *Сәйкес, сай, мағыналас болу.*

**ХАЛАС** [ар. خلاص]**: халас болды.** а) *Құтқарылды, босатылды.* ә) *Әр бөледен таза болды, арылды.*

**ХАЛАТ** з а т . *Матадан тігіліп, әдетте іш киім немесе дағдылы киім үстінен, сондай-ақ жалаңаш денеге де киетін жеңілдеу, ұзынша сырт киім.*

**ХАЛАТТЫ** с ы н . *Үстіне халат киген, халаты бар.*

**ХАЛАФ**[1] ар. з а т . с ы н . ***Теріс.***

**ХАЛАФ**[2] с ы н . е с к і к і т . *Қарсы.*

**ХАЛ-АХУАЛ** з а т . *Тұрмыс күйі, тірлік жайы; жағдай.*

**ХАЛҒАТ** [ар. خلعت] з а т . е с к і к і т . *Сыйлыққа берілген бағалы киім; шапан.*

**ХАЛЕ** ар. с ы н . е с к і к і т . *Қалы. (Қымбат, бағалы).*

**Хале тон.** *Құрметті шапан, тон.*

**ХАЛЕЛ** ар. с ы н . е с к і к і т . *Сүйікті, аяулы.*

**Халел Алла** е с к і к і т . *Алланың сүйіктісі, Алланың досы.*

**ХАЛЕТ** з а т . к ө н е . *Жағдай, хал-ахуал деген мағынада.*

**ХАЛ-ЖАҒДАЙ** з а т . *Жай-күй, ахуал.*

**ХАЛ-ЖАЙ** з а т . *Тұрмыс жағдайы, ахуал.*

**ХАЛИД** [ар. خالد] с ы н . *Мәңгі, өшпейтін, өлмес.*

**ХАЛИЛ** ар. з а т . е с к і к і т . *Дос, жолдас.*

**ХАЛИМ** [ир. حليم ] з а т . т а м а қ . *Бидай мен еттен жиырма сағатқа жуық қайнатылып пісірілетін тағам.*

**ХАЛИС** [ар. خالص ] с ы н . к ө н е . *Шын, нағыз, таза, адал.*

**ХАЛИФ** [ар. خليف ] з а т . к ө н е . *Билеуші, патша.*

**ХАЛИФА** [ар. خليفة] з а т . к ө н е . *Орта ғасырларда мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін бір өзі басқарып отырған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.*

**ХАЛИФАТ** [ар. خلافة ] з а т . к ө н е . *Халифа әулеттері билеген, солардың қол астында болған ел, патшалық.*

**ХАЛИФАТТЫҚ** з а т . *Патшалық.*

**ХАЛИЯЛЫ** с ы н . е с к і к і т . *Байтақ, іргелі.*

**ХАЛИЯН** ар. з а т . е с к і к і т . ***Калян.***

**ХАЛ-ҚАДЕР** з а т . *Қолдан келер шама-шарық, мүмкіндік.*

**ХАЛ-ҚАДЕРІНШЕ** ү с т . *Шама-шарқы келгенінше, мүмкіндігі болғанынша.*

**ХАЛЛА: халла тон** з а т . д і н и . *Жұмақта киілетін тон.*

**ХАЛЛАҚ** ар. з а т . *Жаратушының есімдерінің бірі.*

**ХАЛСЫЗ** с ы н . *Нашар, әлсіз, ойдағыдай емес.*

**ХАЛУА** [ир. حلوى] з а т . т а м а қ . *Тәтті тағам; күйдірген, майға қуырылған ұнды шекер ерітілген суға шылап әзірлеген тәтті шекер, алуа.*

**ХАЛФЕ** [ар. خليفة ] з а т . д і н и . *Мұсылманша оқудың белгілі кезеңін аяқтағандарға берілетін атақ, ишанға дейінгі дәреже; қалпе.*

**ХАЛФЕЛІК** с ы н . *Халфеге тән, соған қатысты.*

**ХАЛЫҚ** [ар. خلق ] з а т . **1.** *Белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.* **2.** *Ел-жұрт, бұқара, көпшілік.* **3.** с а я с и . - ә л е у м . *Мемлекеттің, елдің тұрғындары, тарих субъектісі, белгілі бір қоғамның тарихи тағдыры ортақ таптарының, ұлттарының, әлеуметтік топтарының жиынтығы.* **4.** *Тілдік-мәдени мағынада этнос ұғымымен бір.*

**Халық айтса, қате айтпайды.** *Халық айтса, қалпы айтпайды (жұрт, көпшілік қателеспейді, дәл, турасын, шындықты айтады).* **Халық артисі.** *Әртістік өнер саласында жоғары шеберлікке қол жеткізген адамға мемлекет тарапынан берілетін ресми жоғары атақ.* **Халық әдебиеті.** ә д е б . *Ауыз әдебиеті.* **Халық әні.** м у з . *Авторы белгісіз халық шығармасының туындысы ретінде вокалдық музыканың жанры.* **Халық бұқарасы.** *Қарапайым халық, қалың көпшілік, ел.* **Халық [ұлт] достығы.** *Бір мемлекетте тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстар, халықтар арасындағы сенімге, ынтымаққа негізделген қарым-қатынасы.* **Халық жасағы.** ә с к . *Жұмылдыру кезінде армия қатарына шақыруға жатпайтын адамдардан құралған жасақ, бөлімше, бөлім және құрамалар түріндегі еріктілердің уақытша әскери құрамалары.* **Халық жасақшылары.** с о в . *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресуші ерікті ұйымның мүшелері.* **Халық жауы.** с а я с и . *XX ғасырдың отызыншы жылдары кеңестік өктемдік, үстемдік замандағы бірсыпыра адамдарға таңылған жалған саяси жала, ауыр айып.* **Халық жыры.** *Ел аузында сақталған жыр.* **Халық комиссарлары.** т а р . с о в е т . *КСРО-да министрліктер құралғанға дейін Халық комиссариаттарын басқарған үкімет мүшелері.* **Халық қалаулысы.** а) *Халықтың ұнатып, қолдаған адамы.* ә) п у б л . *Халық атынан сайланған депутат.* **Халық [ел] қамын ойлады.** *Ел мүддесін ойлады, ел қамын жеді.* **Халық педагогикасы.** *Ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан тәрбие үлгісі.* **Халық поэзиясы.** *Халыққа тән, халықтың игілігі болып саналатын әдеби шығарма.* **Халық прозасы.** *Қара сөзбен ауызша айтылған байырғы ертегі, аңыз әңгімелер т.б. тәрізді шығарма.* **Халық салымдарының орналастырылуы.** э к о н . *Халық салымдарының түрлі банктерге, компанияларға, қорларға, қаржы ұйымдарына, акционерлік қоғамдарға орналастырылуы.* **Халық санағы.** с а я с и . ә л е у м . *Белгілі бір уақыт шеңберінде бүкіл елдің халқының немесе оның бір бөлігінің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы ақпаратын жинау, өңдеу, жариялау, тарату мақсатындағы жалпымемлекеттік статистикалық шаралар.* **Халық санағының уақыты.** *Халық санағы өткізілетін күнтізбек жылының маусымы, адамдардың қозғалысы анағұрлым аз болатын мерзім.* **Халықтар Достығы ордені.** т а р . с о в е т . *Халықтар арасындағы ынтымақ үшін күресушілер мен социалистік қоғамды дамытудағы қосқан үлесі үшін жеке адамдарға және ұйым, мекемелерге берілетін жоғары награда.* **Халық театры.** *Көркемөнерпаздардан құралған ойын-сауық ұжымы.* **Халық тұрмысы деңгейінің статистикасы.** *Халықтың материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы мәселелерін зерттейтін статистика саласы.* **Халықтың адамы болды.** *Көпшіліктің қалаулы кісісі, ел қамын жеген ер болып өсті.* **Халықтың әл-ауқаты.** э к о н . ә л е у м . *Халықтың әлеуметтік-экономикалық және тұрмыс жағдайының қажеттерін қанағаттандырудың сипаттамасы.* **Халықтың әлеуметтік қорғалуы.** э к о н . *Заңмен (экономикалық, құқықтық, әлеуметтік) тиянақталған, инфляция, жұмыссыздық, кедейлік сияқты тұрақсыздандырушы факторларға қарсы әрекет ететін кепілдіктер жүйесі.* **Халықтың денсаулығы.** э к о л . *Адамдар қауымдастығының негізгі қасиеті, оның табиғи жайкүйі [Адамдар қоғамының әрбір мүшесінің жекелей бейімделгіш реакциясын және бүкіл қауымдастықтың нақты бір аймақтың белгілі бір жағдайларында өздерінің әлеуметтік және биологиялық функцияларын неғұрлым пәрменді атқаруға қабілеттілігін көрсетеді].* **Халықтың [елдің] қамын жеді.** *Ел мұңын жоқтады, ел мүддесін ойлады.* **Халықтың орналасу тығыздығы.** ф и з . г е о г р . *Белгілі бір территорияның 1 шаршы шақырымына келетін адам саны.* **Халықтың өмірлік әлеуеті.** э к о л . *Жасқа қатысты өлімжітімнің белгілі бір деңгейі сақталған жағдайға орайлас есептелетін белгілі бір жастағы адамдар тобының алдағы өмір сүретін жылдарының саны [Өмірлік әлеует адам-жылмен есептеледі. Бұл көрсеткіш әлеуметтік демография деп аталған демография саласына қатысты].* **Халықтың өмірлік қарекеті.** э к о л . *Адамның бүкіл ғұмыры бойында өзінің биологиялық және әлеуметтік рөлін жүзеге асыру процесінде үнемі атқаратын іс-әрекеті.* **Халықтың табысы.** э к о н . *Жеке қажеттерді қанағаттандыру үшін халыққа ақшалай нысанда түсетін қаражат [Оның құралуының негізгі көздері: қосалқы шаруашылықты қосқанда табыстың барлық түрлері, зейнетақы, жәрдемақы, стипендия, салымдар бойынша пайыздар, сақтандыру өтемдері*

*және басқа түсімдер түріндегі төлемдер].* **Хақтың ісі.** *Құдайдың ісі, тағдыр, жазмыш.* **Халық тілі.** лингв. *Белгілі бір тарихи дәуірде қалыптасқан халықтың тілі, қарым-қатынас құралы.* **Халық үстіндегі адам.** *Басқаның еңбегімен күн көретін адам.* **Халық шаруашылығы.** *Халықтың қоғамдық құрылыстағы өндіріс, кәсіпорындарының жүйесі.*

**ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ** сын. *Бостандық, еркіндік жолындағы күреске қатысты.*

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ** сын. **1.** *Сыртқы саясатқа, халықтар мен елдердің өзара байланысына қатысты, соларға тән.* **2.** *Көптеген халықтарға тараған, солардың арасында болатын, интернационалды.*

**Халықаралық арена.** кіт. *Бүкіл әлемдік көлем.* **Халықаралық аудит стандарты**. экон. *Аудиторлық тексеруді оңтайландырып, жеңілдететін, халықаралық тәжірибені ескеретін, кейбір аудиторлық фирмалар (ұйымдар) сапасының салыстырылуын қамтамасыз ететін нормалар мен жалпы ережелер кешені.* **Халықаралық ахуал.** саяси. *Мемлекетаралық қатынастардың жай-жапсары, жағдайы.* **Халықаралық байланыс.** а) саяси. *Мемлекеттер, халықтар арасындағы қатынас.* ә) тех. *Телефон, телеграф, радио, спутниктік техникалық құралдар арқылы басқа алыс-жақын шетелдермен қатынас.* **Халықаралық бухгалтерлік стандарт**. экон. *Бухгалтерлік есепті жүргізудің нарықтық және инфляциялық процестерді және олардың кәсіпорынның материалдық-өндірістік босалқы қорларын бағалауға ықпалын ескеретін жалпы ережелер түріндегі бағдары.* **Халықаралық бірлік жүйесі**. *1960 жылы Парижде өткен мөлшер мен салмақ туралы XI Генералдық конференцияда барлық ғылыми, техникалық, халықшарушылығы салаларына және білім жүйесіне арналып қабылданған физикалық шамалардың әмбебап бірлік жүйесі.* **Халықаралық валюта қатынастары**. экон. *Дүниежүзілік шаруашылықта валютаның жұмыс істеуі кезінде қалыптасатын, ұлттық шаруашылықтар қызметінің нәтижелерін өзара айырбастауға қызмет көрсететін қоғамдық қатынастар жиынтығы.* **Халықаралық валюта өтімділігі.** экон. *Жекелеген елдің немесе барлық елдердің өзінің сыртқы міндеттемелерін қолайлы төлем қаражатымен үздіксіз төлеу мүмкіндігі.* **Халықаралық еңбек бөлінісі.** экон. *Қоғамдық еңбек бөлінісі дамуының жоғары сатысы, жекелеген елдердің өнімнің осы елдер айырбастайтын белгілі бір түрлерін өндіруге мамандануы.* **Халықаралық есеп айырысу**. экон. *Әртүрлі елдер мен фирмалардың өкілдері арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстар негізінде туындайтын есеп айырысу.* **Халықаралық келісімдер**. саяси. *Орындалуы міндетті, халықаралық қауымдастық мүшелерінің арасында, мейлі ол егеменді мемлекеттер болсын немесе халықаралық ұйымдар болсын кез келген келісімшартқа отыру.* **Халықаралық қауым.** сөйл. *Дүниежүзі, әлем.* **Халықаралық қауіпсіздік.** саяси. а) *Халықаралық қатынастар жүйесінің тұрақсыздандыру, конфронтация, қарулы қақтығыстар мен соғыстар қауіп-қатерінен қорғалуы.* ә) *Бүкіләлемдік бейбітшілікті бұзуды немесе халықтар қауіпсіздігіне қатер төндіруді жоққа шығаратын халықаралық қатынастар қалпы.* **Халықаралық қоғамдастық.** *Ортақ мүдделі халықтардың ұйымдасқан бірлестігі.* **Халықаралық құқық.** заң. <ағыл. international law> *Мемлекеттер мен халықаралық байланыстың басқа да қатысушылары арасындағы қарым-қатынастарды реттеуші заңдық ұстанымдар мен нормалардың жиынтығы.* **Халықаралық лаңкестік [терроризм].** саяси. *Мемлекет басшыларының, топ адамдардың, жалпы халықтың үрейін ұшыру мақсатында адамдарға немесе жекеменшікке бағытталған бір мемлекет өкілдерінің екіншісіне қарсы акті жасау, ұйымдастыру, жүзеге асыруға жәрдемдесу, қаржыландыру немесе қолдау көрсетуі немесе оған жол беру әрекеттері (БҰҰ-ның адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікке қарсы қылмыстар Кодексінің жобасындағы анықтамаға сәйкес). Халықаралық лаңкестік. Мемлекетаралық саяси күштер, дін, саясат арасындағы алакөздік, қасақана қылмыстық іс-әрекет.* **Халықаралық лизинг**. экон. *Әртүрлі елдердің кәсіпорындары мен ұйымдары жасасатын жалгерлік шарт [Лизингілік фирма мен жалгердің немесе лизингілік фирма мен жеткізушінің (жалға берілетін мүлік иесінің) әртүрлі елдерде болатындығымен сипатталады].* **Халықаралық маркетинг**. экон. *Ұйым орналасқан елден тыс жерлердегі тауарлар мен қызметтер маркетингі.* **Халықаралық монополиялар**. экон. *Барынша көп пайда алу мақсатымен дүниежүзілік шаруашылықтың бір немесе бірнеше саласын бақылайтын жекелеген және акционерлік кәсіпорындардың ірі бірлестіктері [Олар шетелде күрделі жұмсалымдары бар ұлттық (ұлтаралық) трестер мен концерндер, меншікті-халықаралық (ұлтаралық) монополиялар және фирмааралық одақтар (картельдер, синдикаттар, трестер) нысанында болып келеді].* **Халықаралық несие**. экон. *Мемлекеттер, халықаралық банктер, қаржы ұйымдары, жеке банктер мен фирмалар, басқа да заңды және жеке тұлғалар халықаралық ынтымақтастық барысында мерзімділік қайтарылым және пайыз төлеу шартымен беретін несие.* **Халықаралық өзендер**. геогр. *Екі немесе бірнеше мемлекеттің территориясын бөліп тұратын өзендер.* **Халықаралық сауда**. экон. *Қалыптасқан мемлекеттік ұлттық шаруашылықтар арасындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер айырбасы.* **Халықаралық сауданы ырықтандыру.** экон. *Халықаралық сауданы дамыту жолында тұрған кедендік және тарифтік емес кедергілерді азайту үдерісі.* **Халықаралық сауда-саттық.** экон. *Халықаралық рынокта жабдықты сатып алуға берілген тапсырыстарды орналастырудың немесе кешенді нысандарды салу және басқа жұмыстарды орындау, сондай-ақ инжинирингілік қызметтерді көрсету үшін мердігерлерді тартудың конкурстық нысаны.* **Халықаралық саяси тәртіп**. саяси. *Халықаралық қатынастар жүйесіндегі қандай да бір сапалық жағдайды, қалыпты атауда қолданылатын ұғым.* **Халықаралық сот.** заң. *Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі сот органы [1945 жылы құрылған. Орналасқан жері – Гаага қаласы].* **Халықаралық сөздер**. лингв. *Сыртқы тұлғасы жағынан бірдей, мағынасы жағынан толық не жартылай сәйкес келетін, ғылым, техника, саясат, мәдениет, өнер саласындағы халықаралық ұғымдарды білдіретін, әртүрлі тілде, оның ішінде туыс емес тілдерде қолданылатын сөздер; интернационализмдер.* Халықаралық стандарт. *Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді стандарт.* **Халықаралық тәртіптер.** саяси. <ағыл. international regimes> *Халықаралық қатынастардың қандай да бір саласында әлемдік қауымдастық мүшелерінің талап-тілектеріне сәйкес келетін принциптер, ережелер, нормалар, процедуралар жиынтығы.* **Халықаралық тілдер.** лингв. *Әртүрлі мемлекеттерде тұрып жатқан халықтардың өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын тілдер [Пиджин, лингва франкадан бірнеше тілдің араласып, сауда жүйесіне қолданылатын гибрид тілдер, көбінесе мемлекеттер арасында шекаралық аймақтарда кездеседі].* **Халықаралық ұйымдар**. саяси. *Мемлекеттердің немесе олардың құрылымдарының, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, ұлттық қоғамдардың, үкіметтік емес сипаттағы қауымдастықтардың, әртүрлі мемлекеттердің атынан жүретін жеке мүшелердің бірлесуі [Қоғамдық өмірдің әртүрлі (саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми-техникалық және т. б.) салаларында ортақ мақсаттарға жету үшін құрылады және халықаралық әріптестіктің аса маңызды түрі болып табылады].* **Халықаралық шарт**. саяси. экон. *Тең құқықты екі немесе бірнеше мемлекеттің арасындағы немесе халықаралық ұйымдар арасындағы олардың саяси, экономикалық, мәдени т.б. ынтымақтастық саласындағы өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға қатысты ерікті келісім.*

**ХАЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ** сын. *Даму барысы бұқаралық демократияға қатысты.*

**ХАЛЫҚНАМА** зат. *Халықтардың тұрмысын, салт-санасын, мәдениетін зерттейтін білім саласы.*

**ХАЛЫҚТЫҚ** сын. *Ел мүддесіне тән, соған лайық.*

**Халықтық [халық] медицина [медицинасы].** *Халықтың емдеу әдістері мен жолдары, дәрілік құралдар, шөптер, гигиеналық ұғым-салт жөніндегі ғасырлар бойы жинаған білім-тағылымының жиынтығы.* **Халықтық өнер**. *Бір халықтың өзіне тән, елдік тарихымен бірге жасап, біте қайнасқан көркем өнері.* **Халықтық рух.** *Бір этносқа тән өршілдік, асқақ сезім.* **Халықтық сот.** *Халық сайлаған заң орнының ресми адамы.*

**ХАЛЫҚШЫЛ** сын. *Халықшылдық ағымының жолын ұстанған, соны қолдаушы.*

**ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ** зат. қоғ.-саяси. *XIX ғасырдың соңғы кезеңіндегі төңкерістік қозғалыста жұмысшы табының жетекшілік рөлін жоққа шығарып, шаруалар қауымын көксеген ұсақ буржуазиялық бағыт.*

**ХАЛЬКОЗИН** [грек. chalkos] зат. хим. *Сульфидтер класына жататын минерал; мыс кені.*

**ХАЛЬКОПИРИТ** [грек. chalkos – мыс, pyritēs – пирит] зат. хим. *Сульфидтер класына жататын минерал; мыстың ең маңызды кені.*

**ХАЛЬЦЕДОН** [грек. chalkedon] зат. хим. *Минерал, кварцтың бір түрі.*

**ХАМЕЛЕОН** [грек. chamaileōn] зат. **1.** *Тіршілік ететін орта жағдайына сәйкес түсін өзгертіп отыратын ыстық жақ жәндігі.* **2.** ауыс. *Жеке басының пайдасы үшін ой-пікірін, көзқарасын өзерте қоятын құбылмалы адам.*

**ХАМЕФИТТЕР** зат. *Жаңадан өркендеу бүршіктері топырақ бетіне жақын орналасқан өсімдіктер тобы.*

**ХАМИД** [ар. حمد] сын. ескікіт. *Мақтаулы, текті, бекзада.*

**ХАМИЛ** ар. зат. ескікіт. *Іштегі бала; жүк, нәресте.*

**ХАМИТ: хамит тілдері.** лингв. *Семит тілдерімен ұқсас тілдерді білдіретін тіл біліміндегі XIX г. қолданылған термин.*

**ХАМСА**[1] зат. *Майшабақ тектес кішкене теңіз балығы.*

**ХАМСА**[2] [ар. خمسة] зат. *Орта ғасырда жасалған, әлемге белгілі Шығыс ақындары Низамидің, Хусраудың, Науаидің бес дастандық шығармаларының аттары.*

**ХАМХАМ** зат. діни. *Көктен түскен төрт қылыштың бірі [Діни аңыз бойынша көктен төрт қылыш түскен: 1. Хамхам. 2. Самсам. 3. Зұлпықар. 4. Зүлперен].*

**ХАМЫР** [ар. خمر] зат. ескі кіт. *Ашыту арқылы жасалатын шараптың түрі.*

**ХАН** зат. тар. *Байырғы хандық мемлекеттегі ең жоғары лауазым, билік иесі, ел билеуші.*

**Ханға сәлем бермейді**. *Шаруасына ісі сай, мұртын балта кеспейді.* **Ханға сәлем бермейтін.** а) жағымды. *Өрмінез, намысшыл.* ә) жағымсыз. *Тәкаппар, өркеуде.* **Хан болсын, қара болсын.** көне. *Кім болса, ол болсын.* **Хан [хан жарлығы] екі айтпайды [екі болмайды].** көне. *Хан айтса орындалмай қалмайды, хан екі сөйлемейді, айтқанын істетеді, орындатады.* **Хан жақсы ма?** этн. *Қазақтың ұлттық ойын-сауығының бірі.* **Хан жарлығы екі болмайды.** *Бұйрық сөзсіз орындалды.* **Хан ием.** *Менің ханым, табынатын бас иемдеген мағынада.* **Хан көкірек адам.** көне. *Өте тәкаппар адам туралы айтылады.* **Хан көтерді.** а) этн. *Ақ киізге отырғызып, хан етіп сайлады.* ә) *Сый тұтып, құрмет көрсетті.* **Хан нәсілі.** *Текті, асыл тұқымды, хан ұрпағы.* **Ханның қара өгізін сойып алғаннан жаман не бар.** көне. *Өктем таптың аяусыз, қанышерез қылығы туралы айтылады. [Ескі заманда ханның малын барымталаған кісі*

*немесе рулы ел оны әлденеше есе етіп төлеуге мәжбүр болған, ал барымташы кісіні хан үкімімен масқаралап, құртып жіберу дәстүрі болған].* **Хан ордасы.** *Хан отыратын, билік жүргізетін орын, хан сарайы.* **Хан сайлауы**. саяси. *Қазақ ордасында қалыптасқан ең жоғары билік иесін, ел басшысын сайлаудың рәсімі мен жөн-жоралғысы [Ежелгі түріктің қият руынан шыққан Шыңғыс хан ұрпағы қазақ ордасында ақсүйек, айрықша текті әулет деп саналып, солардан хан сайланған. Қазақ ордасының, мемлекеттілігінің туын көтерген Керей мен Жәнібектен тараған ұрпақ қазақтың үш жүзіне ортақ саналған. Осындай жеке әулеттен хан сайлау ел бірлігі үшін аса маңызды рәсім болды. Осының нәтижесінде хан сайлау – ру таласынан тысқары, барлық ұлыс үшін тең дағуадағы ортақ игілікке айналды].* **Хан сарқыты**. этн. *Хан сайланған соң атқа мініп, ордаға түскен кезде әр тайпадан, әр тараптан арнайы іріктелген адамдар ханның өрістегі малын, қозы-лақ, құлын-тайына дейін түк қалдырмай бөліске салу рәсімі [Оның мәні – ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауы тиіс дегенге саяды. Сайлауға келе алмаған жұрт тойдан дәм татады, сарқыт алады, хан малының тұқымы қалған елге құт әкеледі].* **Хан сыртынан жұдырық**. *Доқ, айбат қылу, қоқан-лоқы, қыр көрсету деген мағынада.* **Хан тажы.** *Қызыл-жасыл ақық, жалт-жұлт еткен гауһар, меруерт сияқты асыл тастармен әшекейленген ханның сәнді баскиімі.* **Хан талау.** көне. *Ханталау (елді дұрыс басқара алмаған хандардың жазасы).* **Хан тәңірінің биігіне шаншылды.** *Ең биік белеске көтерілді, аспанмен теңесті деген мағынада (Хан тәңірі атты биік бейнелене айтылып тұр).*

**ХАНА** [ир. خانه] зат. *Тұрғын үй немесе үйдің өз алдына бөлек бір бөлмесі.*

**ХАНАДАН** зат. ескі кіт. *Әулет, династия.*

**ХАНАКА** [ир. خناكاه] зат. *Орта Азияда дәруіштерге арналып жасалған, жатақханасы бар мешіттер.*

**ХАНАС** зат. ескі кіт. ***Әзәзіл.***

**ХАНДЫҚ** зат. **1.** *Ханға берілген атақ, дәреже.* **2.** *Белгілі бір территорияны билеген ханның қол астындағы мемлекеттік бірлестік.*

**ХАНЗАДА** зат. тар. *Арғы заты, шыққан тегі хан тұқымынан тараған ұрпақ, ханның ұлы, немересі.*

**ХАНЗАДАЛЫҚ** сын. *Ханзадаға тән, соған лайық.*

**ХАНЗУ** зат. *Қытай ұлтының өз елі ішіндегі атауы.*

**ХАН-ҚАРА** зат. *Хан мен жалпы қара халық.*

**ХАНҚЫЗЫ** зат. зоол. *Кішкентай қызыл қоңыз.*

**ХАНСУ** зат. сөйл. ***Ханзу.***

**ХАН-СҰЛТАНДАР** зат. *Хан мен билеп-төстеуші шонжарлар, сұлтандар.*

**ХАНТАЛАПАЙ** зат. этн. *Қызыл (сақа) асық алшысынан түссе болды, ортада жатқандарын жапа-тармағай талап алатын қазақтың ұлттық ойыны.*

**Ханталапайға салды**. *Талауға, талапайға түсірді.*

**ХАНТАЛАУ**[1] зат. этн. саяси. *Ел сенімін ақтамаған, дарынсыздығымен емес, қорқаулығымен жексұрын болған, ақылсыздығын ғана емес, арамдығын, аярлығын танытқан, түзелмейтін әміршінің мал-мүлкін тігерге тұяқ қалдырмай бөлісіп алу әрекеті.*

**Ханталауға түсті.** *Ханталапайға салу, талап әкету.*

**ХАНТАЛАУ**[2] зат. *Ойын асықтарын шашып жіберіп, талапай-талай деп, тиген тигенімен іліп алатын балалар ойыны.*

**ХАНТЫ: ханты тілі.** зат. *Финн-угор тобына жататын тілдердің бірі, остяк тілі [Хантыманси және Ямал-ненец автономиялы аймақтарында, Түмен облысында кең тараған тіл].*

**ХАНША** зат. тар. *Хан тұқымынан шыққан әйел жынысты адам, ханның қызы, қарындасы.*

**ХАНШАЙЫМ** зат. тар. *Хан тұқымынан шыққан жас қыз, бикеш.*

**ХАНШЫЛ** сын. *Ханды жақтаушы, соның сойылын соғушы.*

**ХАНШЫЛДЫҚ** зат. *Ханды жақтаушылық, соның сөзін сөйлеушілік.*

**ХАНЫМ** зат. **1.** тар. *Ханның әйелі, зайыбы.* **2.** *Әйел адамға қарата салтанатты түрде сөйлегенде оның тегі мен атағына қоса айтылатын сыпайы түрдегі қаратпа сөз.*

**ХАРАБ** [ар. خراب]**: хараб болды.** *Қиын, нашар, мүшкіл болды.*

**ХАРАЖ** [ар. خرج ] зат. көне. *Салықтың түрі.*

**ХАРАКАТ** [ар. حركة ] зат. *Араб жазуындағы қысқа дауыстыларды білдіретін дәйекше белгілер.*

**ХАРАМ** [ар. حرم] сын. діни. **1.** *Пайдалануға рұқсат етілмейтін зат, тыйым салынған әрекет (халалға қарама-қарсы)* **2.** *Үйленуге немесе некелесуге болмайтын жағдайлар.* **3.** *Пайдалануға тыйым салынған тағам, ішімдік.* **4.** *Құмарлық ойынға және ойын-сауыққа салынатын тыйым.* **5.** *Қажыға қол тапсыруға барған адамға қару асынуға, күнделікті киіммен жүруге, мұрт, сақал басып, шаш алуға, жыныстық қатынас жасауға және т. б. салынатын тыйым.*

**ХАРАМЗАТ** ар. зат. ескікіт. ***Күнәһар.***

**ХАРАП** [ар. خراب ]**: харап болды.** *Быт-шыты шықты, құрыды, жойылды.*

**Харап етті [қылды].** *Быт-шытын шығарды, құртты, жойды.*

**ХАРБИЯ** ар. зат. *Соғыс мектебі.*

**ХАРЕМ** ар. зат. ескікіт. *Гарем, әйелдер бөлмесі.*

**ХАРИЗМА** [грек. charisma] зат. **1.** *Аса дарындылық; қандай да бір тұлғаның қисынмен түсіндіруге келмейтін, айналадағыларға қатты ықпал ету, әсер ету мүмкіндігі.* **2.** пед. *Жеке тұлғада оған бас игізетіндей және оның мүмкіндіктеріне сөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу [Бұл феномен топтасу процесінде өз мүраттарын жеке бір адамға түгелдей дарыған деуге бейім шағын және әсіресе үлкен топтарға тән].*

**ХАРИЗМАЛЫҚ** сын. *Харизма қасиетіне ие.*

**Харизмалық жетекші.** *Үйірімпаздығымен қызметкерлерді алға қойылған міндеттерді орындауға жұмылдыра алатын адам.*

**ХАРИУС** [лат. thymallus] зат. зоол. *Тұщы суларда өсіп-өнетін, лосось тұқымдасына жататын ірі балық.*

**ХАРТИЯ** зат. **1.** лингв. *Ескі қолжазба материалы, құжаттар.* **2.** *Саяси-қоғамдық, саяси мәнді құнды құжаттар.*

**ХАС** [ар. خاص] сын. **1.** *Шын мәніндегі, нағыз, нақ, дәл.* **2.** *Бір нәрсенің бойына тән, соған лайық.*

**ХАСАН** ар. сын. ескікіт. ***Жақсы.***

**ХАСИДИЗМ** зат. мәд. *18 ғ. 30 жылдарында Украинаның кедей еврейлерінің арасында пайда болған иудаизмнің мистикалық бағыты.*

**ХАСИЛ** ар. зат. *Нәтиже, қорытынды, пайда, өнім.*

**ХАСЛАТ** ар. зат. *Сипат, түр, қасиет.*

**ХАССА** ар. сын. *Нағыз, айқын.*

**ХАСТЕ** зат. ескікіт. *Сырқат, ауру.*

**ХАСТЕЛЛОЙ** [ағыл. hastelloy] зат. хим. *Никель негізіндегі қышқылдарға төзімді құймалардың жалпы атауы, құрамында 33% молибден, 23% хром, кейде 29% кобальт бар; құрылымдық материал ретінде машина жасау мен авиация өндірісінде қолданылады.*

**ХАСЫЛ** ар. зат. ескікіт. *Орындалу, тілегіне жету; нәтиже, қорытынды.*

**ХАСІЛ**[1] [ар. حاصل] зат. ескікіт. *Өнім, түсім.*

**ХАСІЛ**[2]**: хасіл болды.** *Ойлағаны іске асты, тілегі орындалды.*

**ХАТ** [ар. خط ] зат. **1.** *Біреуге немесе бір мекемеге хабар жіберу үшін жазылып қойылған не жөнелтілген мәтін.* **2.** *Сөз ретінде қағаз бетіне түсірілген графикалық таңбалардың жүйесі, жазу.*

**Хат білді [таныды].** *Сауатын ашты, оқып, жазып үйренді, оқып білім алды.* **Хат жазысу.** *Хат арқылы қатынасу, хабарласу.* **Хат жолдады.** *Хат жазды.* **Хатқа жүйрік.** *Жазуға шебер, тез жазғыш, тез оқығыш.* **Хатқа түсті.** *Жазылып алынды.* **Хатқа түсірді.** *Қағазға түсіріп жазды, кітап етіп шығарды.* **Хат өлең.** әдеб. *Арнау өлеңінің бір түрі [Қазақ өмірінде өлеңмен хат жазысу ертеден орын алған. Кейін бұл үлгі поэзияға келді. Абайдың «Мен сәлем жазамын» деп басталатын өлеңі хат өлең үлгісінде берілген...].* **Хат салды.** *Хат жазып жіберді.* **Хат таныды.** *Оқып, жаза білді, сауатын ашты.* **Хат таныту.** *Сауат аштыру, сауаттандыру.* **Хат тіркеуші.** *Басқа мекемелерден келген хаттарды хаттаушы редакция қызметкері.*

**ХАТА** [ар. خطاء ] сын. ескі кіт. *Қате; кемшілік.*

**ХАТЕП** зат. *Түйе ерінің (ашамайы не ауыының, кәтебінің) біріне-бірін түйістіріп қосқан екі басы.*

**ХАТҚАЛТА** зат. *Хат салуға арналып қағаздан жасалатын қалташа, конверт.*

**ХАТСАУАТ** зат. жерг. *Сауат ашу, әріп тану.*

**ХАТТА** үст. көне. *Тіпті, кейде.*

**ХАТТА=** ет. *Есепке алынған заттарды тізімге, хатқа түсіру, ресмилеу.*

**ХАТТАЛ=** ет. *Есепке алыну, тіркелу, қағазға, шаруашылық кітабына жазылу.*

**ХАТТАЛУ** *Хаттал етістігінің қимыл атауы.*

**ХАТТАМА** зат. <грек. protokollon> *Жиналыстың қағазға түсірілген, жазба түріндегі толық мазмұны.*

**ХАТТАМАШЫ** зат. *Жиналыс мазмұнын хаттамаға түсіріп отыратын адам, хатшы.*

**ХАТТАНУШЫ** зат. *Сауатты, білімі бар, көзі ашық адамдар.*

**ХАТТАС=** ет. *Хаттау жұмысына атсалысу, заңдастыруға қатысу.*

**ХАТТАСУ** *Хаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ХАТТАТ=** ет. *Есепке алдырту, жаздырту.*

**ХАТТАТУ** *Хаттат етістігінің қимыл атауы.*

**ХАТТАУ** *Хатта етістігінің қимыл атауы.*

**ХАТТАУЛЫ** сын. *Тіркелген, есепке алынған, есеп кітабына жазылған.*

**ХАТТАУШЫ** зат. *Кеңсеге келген хаттар мен қажетті құжаттарды т.б. тіркеуші адам.*

**ХАТ-ХАБАР** зат. *Ауызша не жазбаша түріндегі дерек, мағлұмат.*

**ХАТХАНА** зат. *Газет-журнал редакциясы мен мекемелерге жіберілген хат-хабарларды қабылдайтын бөлім.*

**ХАТ-ШОТ** зат. *Жазу-сызу, есеп-қисап ісі.*

**ХАТШЫ** зат. тар. <франц. secrétaire> **1.** *Партия, комсомол комитетінің және олардың бастауыш ұйымдарының жетекшісі.* **2.** *Белгілі бір мекеменің ісқағаздарын жүргізуші қызметкер, сондай-ақ, жиналыстарда мәжіліс барысын жазып отыруға белгіленген адам.*

**ХАТШЫЛЫҚ** зат. *Хатшыға жүктелген қызмет, міндет.*

**ХАТЫМ** [ар. ختم ] зат. діни. *Белгілі бір шаранның қарсаңында діндарлардың құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатым.*

**Хатым қылды**. діни. *Оқуды аяқтап шықты, тамамдады.*

**ХАТЫМ: хатым құран.** зат. ескікіт. *Құранды бастан-аяқ оқу.*

**ХАУА** зат. діни. ***Хауана.***

**ХАУАНА** [ар. حواء ] зат. діни. *Барша адам атаулының ең алғашқы анасы, Адам ата пайғамбардың жұптысы.*

**ХАУАС** ир. сын. ескікіт. *Әуес (Құштар, ынтық, құмар).*

**ХАУЫЗ** [ар. حوض] зат. <франц. bassin> *Су сақтайтын, жан-жағы, түбі шегенделген шұңқыр.*

**ХАУІПСІЗДІК** зат. сөйл. ***Қауіпсіздік.***

**Хауіпсіздік комитеті**. *Ұлт, мемлекет мүддесін қауіп-қатерден сақтау шараларымен айналысатын коллегиялы ұйым.* **Хауіпсіздік кеңесі.** *Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық жағдайды шиеленістіруге бағытталған әрекеттерге қарсы тиісті шаралар қолдануға құқығы бар тұрақты органы.*

**ХАФИЗ** ар. зат. діни. **1.** *Құранды жатқа білетін мұсылман.* **2.** *Қорғаушы, кешіруші, ара тұрушы (Алланың 99 атының бірі).*

**ХАФІЛ** сын.ескікіт. ***Бекер.***

**ХАФІЛАТ** сын.ескікіт. *Ештеңемен ісі жоқ.*

**ХА-ХА** елік. *Қатты күлгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ХА-ХАХАЛА=** ет. *Қарқылдап қатты күлу.*

**ХА-ХАХАЛАУ** *Ха-хахала етістігінің қимыл атауы.*

**ХАШИЕ** [ар. حاشية ] зат. *Табақтың ернеуіндегі, кітаптың ішкі мәтініндегі кейбір сөздерді сол кітаптың шетіне шығарып жазып түсінік беру.*

**ХАЯС** [ар. حياء ] зат. көне. *Ұят, ар.*

**ХАЯТ** [ар. حياة ] зат. көне. *Өмір, тірлік.*

**ХӘКІМ** [ар. حاكم ] зат. ескі кіт. сөйл. ***Әкім.***

**ХӘКІМШІЛІК** зат. *Әкімшілік, билік.*

**ХӘМЛӘ** ар. зат. *Айла-әрекет.*

**ХӘЛӘЛ** [ар. حلال ] зат. ескі кіт. ***Адал.***

**ХӘРЕКЕТ** [ар. حركة ] зат. ескі кіт. ***Әрекет.***

**ХЕДЖ** [ағыл. hedge] зат. экон. *Бағаның болашақта қолайсыз өзгеруі қатерінен сақтандыру, осы қатерден сақтандыруға арналған өзара шарт; бағаның ықтимал төмендеуінен сақтандыру үшін жасасылған мерзімдік мәміле.*

**ХЕДЖЕР** [ағыл. hedger] зат. экон. *Фьючерстік биржада хеджерлеу операциясын жүзеге асыратын кез келген кәсіпорын (банк, фермер, кәсіпкер).*

**ХЕДЖЕРЛЕ=** ет. экон. <ағыл. hedging> *Сатушы мен сатып алушыны болашақта баға мен валюталар бағамынын ықтимал өзгеруі қатерінен сақтандыру мақсатымен жасасылған хедж-мәміле жасасу.*

**ХЕДЖЕРЛЕУ** *Хеджерле етістігінің қимыл атауы.*

**ХЕДЛАЙНЕР** [ағыл. headliner] зат. *Көптен күткен танымал тұлғаның фестивальде, концертте т. б. ең соңғы боп өнер көрсетуі.*

**ХЕЛИНГ** зат. спорт. *Ирландықтардың көгалдағы хоккейге ұқсас ұлттық байырғы спорт ойыны.*

**ХЕМОГЕНДІК: хемогендік шөгінділер.** геогр. <лат. chimia – химия, грек. genes – туған> *Мұхит түбіндегі және мұхит түбі су қабатында өтетін химиялық және биохимиялық процестердің нәтижесінде қалыптасатын шөгінділер (мыс, темір-марганец тасберіштері).*

**ХЕМОЖҰТЫЛУ** зат. экол. *Қатты дененің бетімен заттектерді сіңіру (адсорбция) [Бұл кезде адсорбцияланған молекула мен қатты дене арасында химиялық өзара әрекет пайда болады].*

**ХЕМОҚҰРЫЛЫМСЫЗДАНУ=** ет. *Жебір орта әсерінен жүретін материалдар құрылымсыздануы.*

**ХЕМОСИНТЕЗ** [лат. chymia – химия, грек. synthesis – қосылыс] зат. экол. *Минерал заттектерді (аммиакты, күкіртсутекті және т. б.) химиялық тотықтыру арқылы алынатын энергия есебінен органикалық заттектерді синтездеу үдерісі.*

**ХЕМОСОРБЦИЯ** [лат. chimia – химия, sorbere – сіңіру, жұту] зат. кен. *Қатты заттардың бетінде заттардың химиялық қосылыс түзіп, шоғырлануы.*

**ХЕМОСОРУ** зат. биол. *Сіңірілетін зат (сорбит) пен сіңіргіш зат (сорбент) химиялық әрекеттесіп, жаңа зат түзетін сорбцияның түрі.*

**ХЕМОСТАТ** зат. хим. *Биосинтез өнімдерін үздіксіз бөліп алып отыратын шала өткізгіш жарғақты ферменттер.*

**ХЕМОТАКСИС** зат. *Кебісшелердің химиялық тітіркендіргіштерге қарай қозғалуы немесе алшақтауы.*

**ХЕМОФОБИЯ** зат. экол. *Адамның сапасы төмен тамақтан, ластанған ауадан, химияға қатысты тұрмыстық қолданымдағы заттардан химиялық улану қаупінен қорқушылығы негізінде қалыптасатын, дами келе ауруға барабар деңгейге жететін жағдайы.*

**ХИАФАТ** ар. зат. ескікіт. *Кескін, кейіп, түр.*

**ХИБАИ** сын. көне. *Киіз шатырлы.*

**ХИДЖАБ** [ар. حجاب ] зат. *Мұсылман әйелінің көшеге шыққанда бетін, денесін жасыру үшін киетін киімі, чадра, паранжа, жамылғы.*

**ХИЖРА** [ар. هجرة ] зат. *Мұсылман дінін ұстанатын елдердегі жыл санау жүйесінің басталар күні.*

**ХИКАЯ** [ар. حكاية ] зат. **1.** *Бастан кешкен жағдай, болған іс, оқиға.* **2.** *Алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған, шығыс әдебиетіндегі әңгіме, новелла тәрізді көркем шығарма.*

**ХИКАЯЛА=** ет. *Хикая етіп әңгімелеу, баяндау.*

**ХИКАЯЛАУ** *Хикаяла етістігінің қимыл атауы.*

**ХИКАЯЛЫ** сын. *Ғажайып сырға толы.*

**ХИКАЯТ** [ар. حكايات ] зат. ескікіт. *Әдеби шығармалардың, жинақтардың аты.*

**ХИКАЯШЫЛ** сын. *Ғажайып оқиғаларды айтқыш, әңгімешіл.*

**ХИКМЕТ** [ар. حكمة ] зат. **1.** *Адамның ақылына қонбайтын ғажайып іс, керемет, сұмдық.* **2.** *Ауыр бейнет, азап.*

**ХИКМЕТСІЗ** зат. *Ғажайыпсыз, кереметсіз.*

**ХИЛАФ** зат. ескікіт. *Қарсы, қате, теріс.*

**ХИЛАФСЫЗ** сын. ескі кіт. *Адал, шын, таза.*

**ХИЛУС** [грек. chylos] зат. *Шек шырыны, құрамында денеге сіңген қоректік заттар бар шек лимпасы.*

**ХИМЕРА** зат. *Грек мифологиясы бойынша ғажайып хайуанатқа байланысты туған антикалық және кейінгі стильдердегі бейнелеу мотивтері.*

**ХИМИК** зат. **1.** *Химия ғылымының маманы.* **2.** *Химия өнеркәсібінің қызметкері.*

**ХИМИК-БАРЛАУШЫ** зат. әск. *Химиялық қорғаныс бөлімшесінің сарбазы.*

**ХИМИКАТ** зат. экол. *Лаборатория, фабрика жағдайында дайындалған химиялық дәрі-дәрмектік, тыңайтқыштық өнім, химиялық заттектер.*

**ХИМИКАТСЫЗ** сын. *Химикат жоқ, химикаттың қатысынсыз.*

**ХИМИЯ** [лат. chimia] зат. *Материяның ішкі құрамын, оның құрылысын, сапалық өзгерістердің заңдылықтарын, заттардың ыдырауы мен өзгерісін, сондай-ақ, сапалық өзгерістердің нәтижесінде жаңа заттардың пайда болу заңдылықтарын зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының бірі.*

**ХИМИЯЛАНДЫР=** ет. *Халық шаруашылығына химия өнімдерін ендіру.*

**ХИМИЯЛАНДЫРУ** *Химияландыр етістігінің қимыл атауы; химия ғылымының табыстарын өндірісте, ауылшаруашылығында кеңінен пайдалану.*

**ХИМИЯЛЫҚ** сын. *Химия ғылымына, оның зерттеу нысандарына, тәсілдері мен жолдарына тән, соған қатысы бар.*

**Химиялық авиациялық бомба.** әск. *Улағыш заттардан жасалатын бомба.* **Химиялық әскерлер.** әск. *Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғану шараларын орындау үшін арнайы құрылған әскер.* **Химиялық бақылау посты.** әск. *Радиациялық және химиялық, биологиялық (бактериологиялық) жағдайды бақылау органы.* **Химиялық барлау.** әск. *Әскердің орналасқан жерін және жүретін маршруттарын химиялық жолмен барлау арқылы қарсыластың уландырғыш заттар қолдану мүмкіндігін анықтау.* **Химиялық бүркемелеу.** хим. *Талдаулық химияда талдау кезінде кедергі жасайтын иондарды аз диссоцияланатын қосылысқа байланыстыратын тәсіл.* **Химиялық жіп.** хим. *Табиғи немесе синтездік полимерлерді химиялық өңдеу жолымен алынатын жіптер.* **Химиялық зақым ошағы.** хим. *Химиялық қарудың немесе өте күшті улы заттардың әсеріне ұшыраған аумақ.* **Химиялық залалсыздандыру.** терм. *Химикаттар, химиялық заттарды қолдану арқылы тазарту.* **Химиялық зат.** *Химикат, химиялық заттек.* **Химиялық кибернетика.** хим. а) *Химия-технологиялық жүйелерді зерттейтін кибернетика бөлімі.* ә) *Химия-технологиялық жүйелердегі процестер мен құбылыстарды басқару және байланыстыру туралы ғылымның бөлімі [Меңгеру пәні – химиялық нысандар және олардың жиынтығы (химиялық өндіріс орындары), ғылыми әдісі – математикалық модельдеу, орындау құралы – ЭВМ].* **Химиялық кинетика.** хим. *Химиялық процестердің жылдамдығын зерттейтін химия ғылымының арнаулы бір саласы.* **Химиялық қару.** әск. *Улағыш заттар мен құралдарды қолдануға арналған машиналар, жабдықтар, қару-жарақтар.* **Химиялық қарудан қорғану.** әск. *Әскер мен халықты химиялық қару әсеріне ұрындырмау немесе бұл әсерді барынша бәсеңдету, әскерлердің ұрыс қабілеттілігін сақтау және олардың жауынгерлік міндеттерін сәтті орындауын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін арнайы шаралар жүйесі.* **Химиялық қосылыстар.** хим. *Бірден артық нуклиді бар нуклидті-электронды жүйелер.* **Химиялық қосылыстар класы.** хим. *Химиялық қосылыстардың ауқымды тобы, оларды жіктеу кезінде жалпы белгі немесе белгілер негізге алынады.* **Химиялық ластану.** экол. *Қоршаған орта ның табиғи химиялық қасиеттерінің қарастырылып отырған уақыт кезеңі үшін қайсыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе қоршаған ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсуі немесе нормадан артық шамада түсуі.* **Химиялық мелиорация.** экол. *Тұзды, сортаң жердің тұздылығы мен қышқылдығын химиялық мелиоранттардың көмегімен бейтараптандырып, топырақтың химиялық құрамын жақсарту арқылы тұрақты мол өнім алу әдісі [Химиялық мелиорант ретінде гипс және құрамында гипс бар заттар (фосфогипс, сазды гипс), хлорлы кальций, күкірт, темір купоросы, органикалықсыз қышқылдар пайдаланылады].* **Химиялық нышан.** хим. *Химиялық элементтің шартты белгісі.* **Химиялық оқ-дәрілер.** әск. *Ұрыстық улағыш заттармен немесе әскери мақсаттағы гербицидтермен жабдықталған оқ-дәрілер.* **Химиялық өңдеуге арналған целлюлоза.** хим. *Химиялық тазалығы жоғары техникалық целлюлоза.* **Химиялық реакцияның изобарасы.** хим. *Тұрақты қысымда химиялық реакцияның тепетеңдік константасының температураға тәуелділігін көрсететін термодинамикалық теңдеу.* **Химиялық стақан.** хим. *Шыныдан немесе кәрленнен жасалған, сұзуге, тұндыруға және химиялық зертханаларда жүргізілетін басқа да тәжірибелерге қолданылатын ыдыс.* **Химиялық тазалау.** хим. *Мамандандырылған кәсіпорындарда киім-кешектердегі дақтарды кетіру мен жалпы кірден тазартудың күшті әрекетті органикалық ерітінділер қолданылатын әдісі, химтазалау.* **Химиялық тазарту.** кен. *Химиялық реакцияның әсерімен тазалау.* **Химиялық шабуыл.** әск. *Қарсыластың әскері мен тыл объектілеріне қарсы адам күшін жою мен басу мақсатында химиялық қару қолдану.* **Химиялық шөгінділер.** геогр. *Су температурасының өзгеруі және басқа құбылыстар кезінде химиялық және биохимиялық реакциялар барысында судағы ерітінділерден тұнған шөгінділер.* **Химиялық үгілу.** *Химиялық реакциялардың жүруінен таужыныстардың құрамы өзгеріске ұшырап, жаңа минералдардың қалыптасуы.* **Химиялық ынтық.** хим. *Химиялық реакцияда Гиббс энергиясының өзгеруінің теріс мәніне тең етіп алынған күй функциясы.* **Химиялық экология.** экол. *Химикаттар ды қолданудың салдарын және олардың қоршаған ортаға түскендегі әрекетін зерттейтін, экологиялық мониторингтің*

*әдістерін талдап-белгілейтін ғылым.* **Химиялық элемент.** хим. *Рет нөмірлері бірдей нуклидті электрондардың жүйелер жиынтығы.*

**ХИМИЯЛЫҚ-СПЕКТРЛІК: химиялық-спектрлік талдау.** хим. *Үлгіні химиялық әдістермен ерітіндіге ауыстырып өңдеу сатысы кіретін және сол ерітіндіні эмиссиялық спектрлік талдаумен зерттеу.*

**ХИММОТОЛОГИЯ** [лат. chimia – химия, motor – қозғалысқа келтіру, грек. logos – ұғым, ілім] зат. отын. мұнай. *Отынның, жағармайдың және арнайы сұйықтардың сапасын ескере отырып, олардың техникада тиімді пайдалану жолдарын зерттейтін ғылым.*

**ХИМТАЗАЛАУ** зат. *Киім-кешекті химия әдісімен өңдеп тазалау қызметі.*

**ХИНА** зат. сөйл. ***Хинин ағашы.***

**ХИНДИ: хинди тілі.** *Үндістанның мемлекеттік және негізгі әдеби тілінің бірі.*

**ХИНДСАЙТ: хиндсайт қатесі.** пед. *Оқиға өтіп кеткеннен кейін «осылай болатынын білген едім» деп ойлау.*

**ХИНИН** [перуан. kina] зат. *Хинин ағашының қабығынан жасалып, безгек ауруына қарсы қолданылатын, дәмі кермек, ақ ұнтақ дәрі.*

**Хинин ағашы.** бот. *Қабығынан хинин дәрісі жасалатын, Оңтүстік Америкада, Үндістанда өсетін ағаш.*

**ХИНОЛИН** зат. хим. *Күкірт, фосфор т.б. ерiткiшi ретінде органикалық бояғыштар синтезінде және медицинада қолданылатын гетероциклді қосылыс.*

**ХИНОНДАР** зат. хим. *Еселенген байланыстары бар бейароматты карбонильді қосылыстар; бояғыштардың, илеуші заттардың, т.б. құрылым бірлігі.*

**ХИОНОСФЕРА** [грек. chion – қар, sphaira – шар] зат. *Қатты жауын-шашынның түсуі оның шығындалуынан жоғары болатын тропосфера қабаты туралы шартты ұғым [Хионосфераның жоғарғы шекарасы, әдетте, ең биік таулардың деңгейінен де жоғарыда болады және қатты жауын-шашынның нөлдік теңдестігіне сәйкес келеді].*

**ХИОНОФИЛДЕР** [грек. chion – қар, phileo – сүйемін] зат. экол. *Қыста қар жамылғысы қалың кезде тіршілік етуге бейімделген қарсүйгіш организмдер (көртышқан, леммингтер, тоқалтіс және т. б.).*

**ХИППИ** [ағыл. hippie] зат. *Әуелде американдық жастардың қоғамдық тәртіп пен қоғамдық құндылықтарды көзге ілмейтін, жеке тұлғалық рухани тәуелсіздік пен бостандықты алға ұстаған бейресми тобының мүшесі.*

**ХИРҚА** [ар. حرقة] зат. діни. *Ақирет кебінінің әйел кеудесін жабатын бөлігі.*

**ХИРОМАНТИЯ** [грек. cheir – қол, manteia – бал ашу, көріпкелдік] зат. *Адамның даралық ерекшеліктері туралы, оның мінезі, басынан кешкендері және алдағы тағдыры туралы алақан терісінің бедеріне – папиллярлық және әсіресе флексорлық сызықтарға қарап бал ашудың ең ежелгі жүйелерінің бірі.*

**ХИРУС** зат. көне. *Дүниеқұмарлық, дүниеге қызығушылық.*

**ХИРУРГ** зат. мед. *Хирургия маманы, оташы.*

**ХИРУРГИЯ** [грек. cheir – қол, ergon – жұмыс] зат. мед. *Ауруды операция жасау арқылы емдейтін медицинаның бір саласы.*

**ХИРУРГИЯЛЫҚ** сын. *Хирургияға қатысты, сонымен байланысы бар.*

**Хирургиялық инелер.** *Операция жасаған кезде адам не мал тіндерін тігуге арналған құрал.* **Хирургиялық стоматология.** мед. *Әртүрлі қабыну үдерістерін жақ, бет, тіс сүйектерін хирургиялық операция арқылы емдейтін сала.*

**ХИСАБ** ар. зат. ескікіт. *Есеп, қисап.*

**ХИСАП** зат. көне. *Есеп,дерек деген мағына береді.*

**ХИСАПТА=** ет. ***Есептеу.***

**ХИТ** [ағыл. hit] зат. муз. *Ең танымал эстрадалық ән.*

**ХИУА: хиуадай базарлы.** *Жүрген жері той-думан, көңілді, ашық-жарқын кісі мәнінде айтылатын сөз.*

**ХИЯТ** ар. зат. ескікіт. *Тіршілік, жаратылыстану.*

**ХЛОР** [грек. chlōros] зат. хим. *Техникада және санитариялық шараларда дезинфекция құралы ретінде қолданылатын, соғыс ісінде уландырғыш заттар жасауға пайдаланатын химиялық элемент, улы, сасық газ.*

**Хлор суы.** хим. *$Ca(ClO)_2$, $CaC1_2$, $Ca(OH)_2$ – күрделі кешені [Құрамында 28–38% белсенді хлор (тұз қышқылымен әрекеттескенде бөлінетін хлордың мөлшері) бар. Күшті тотықтырғыш, органикалық заттармен жану арқылы әрекеттеседі. Зарарсыздандырушы және газсыздандырушы зат ретінде маталарды ағартуда қолданылады].*

**ХЛОРАЗИД** зат. хим. *C1N3 - азотты сутек қышқылының хлорлы туындысы. Түссіз газ, өте күшті қопарылғыш з а т .*

**ХЛОРАКНЕ** [лат. chloracne] зат. биол. *Полихлорфенолдың әсерінен пайда болатын май бездерінің созылмалы қабынуы.*

**ХЛОРАЛЬ** зат. хим. *CC13CHO ацетальдегидтің хлортуындысы, хлороформ, инсектицидтер.*

**ХЛОРАМИНДЕР** зат. хим. *Құрамында хлор атомы азот атомымен байланысқан, аммиак пен аминдердің хлортуындылары кіретін химиялық қосылыстар.*

**ХЛОРАНГИДРИДТЕР** зат. хим. *Сумен реакцияласып, тұз қышқылын және басқа бір оттекті қышқыл түзетін заттар.*

**ХЛОРАРГИРИТ** зат. хим. *AgCl – хлоридтер класына жататын минерал; күміс кені.*

**ХЛОРАТ** зат. хим. *Хлорлау қышқылының тұздары, күшті тотықтырғыш.*

**ХЛОРАЦЕТОФЕНОН** зат. хим. *Тітіркендіретін (көзден жас ағызатын) улағыш з а т .*

**ХЛОРБАКТЕРИЯЛАР** зат. биол. *Chlorobacteriaceae тұқымдасына жататын хлоро-биум-хлорофилді жасыл пигменті бар микроорганизмдер.*

**ХЛОРБЕНЗОЛ** зат. хим. *Құрамында галогені бар ароматты көмірсутек [Органикалық синтезде шикізат ретінде, пестицидтер, дәрі-дәрмектік; заттар өндірісінде, еріткіш ретінде қолданылады].*

**ХЛОРБУТИЛКӨКСАҒЫЗ** зат. хим. *Полимерлік тізбектерінде біраз мөлшерде хлор бар галогенденген бутил-көксағыз.*

**ХЛОРИД** зат. хим. *Хлордың өздігінен электртерістігі аздау элементтермен химиялық қосылыстары.*

**ХЛОРИН** зат. хим. *ТМД-да шығарылатын поливинилхлоридті талшықтың саудадағы атауы.*

**ХЛОРИТТЕНУ** зат. хим. *Көбінесе негізді және ультранегізді, кейде қышқыл және орташа қышқыл таужыныстардың метаморфтық не метасоматоздық өзгерістерге ұшырауы барысында олардың құрамындағы түсті минералдардың (амфиболдардың, пироксендердің, биотиттердің, эпидоттардың және т.б.) хлоритпен жаппай алмасу процесі.*

**ХЛОРИТТЕР** зат. хим. *Хлорлы қышқылдың $HClO_2$ тұздары, қопарылу қаупі бар заттар, күшті тотықтырғыштар [Мата, целлюлоза, қағаз ағартуға пайдаланылады].*

**ХЛОРКӨКСАҒЫЗ** зат. хим. *Табиғи немесе синтетикалық көксағызды хлорлау нәтижесінде алынған өнім [Желімдер, лактар, бояулар өндірісінде қолданылады].*

**ХЛОРЛА=** ет. *Заттардың құрамына хлор араластырып залалсыздандыру, дезинфекция жасау.*

**Хлорлай күйдіру.** *Хлорлау процесі арқылы күйдірілген материалдардың оксидтері мен сульфидтерін суда еритін немесе ұшатын қосылыстарға айналдыру.*

**ХЛОРЛАН=** ет. хим. *Хлор араластырылу, хлормен залалсыздандырылу.*

**Хлорланған көмірсутектер.** экол. *Құрамына көміртек пен сутектен басқа хлор да кіретін органикалық және химиялық қосылыстардың жалпы атауы.*

**ХЛОРЛАУ** *Хлорла етістігінің қимыл атауы.* **1.** сушар. *Суды залалсыздандырудың негізгі тәсілі; химиялық реакция әсерінен және оттектің еркін атомының бөлінуі арқылы бактерияның тотығып жойылуын қамтамасыз ету [Суды хлорлау кезінде хлордың екі атомы бір атом оттегін бөліп шығарады. Ауылшаруашылығын сумен қамтамасыздандыруда суды залалсыздандыру үшін хлорлы әкті пайдаланады].* **2.** экол. *Суға газ тәріздес (не басқадай нысанда) хлор қосу процесі [Осы арқылы хлорлы қышқыл немесе гипохлоридті иондар түзіліп, олар бактериялардың өніп-өсуін, органикалық заттектердің қышқылдануын тоқтатады, коагуляция процесін жеделтеді және иісті азайтады].*

**ХЛОРЛИГНИН** зат. хим. *Лигнинді хлорлау өнімі.*

**ХЛОРЛЫ** сын. *Құрамында хлоры бар, хлормен қосылысқан (әк, сутегі).*

**ХЛОРОЗ** [грек. chloros] зат. экол. *Хлорофилдердің түзілуінің, бұзылуының салдарынан болатын өсімдік ауруы [Негізінен қоршаған ортаның антропогендік ластануынан болады. Мыс., жапырақта ағаш тұқымдарының жапырақтары өнеркәсіптік кәсіпорынның түтінді шығарындыларының әсерінен күрең тартады. Ауада болатын ауыр металдардың әсерінен көптеген өсімдіктердің жапырақтары бозғылттанады. Атмосфера әртүрлі улы заттектермен тұрақты ластанғанда ағаштардың баяу өсетіні, биологиялық өнімділігінің азаятыны (әсіресе қылқан жапырақтылардың), сұлбасының сиреуі және т. б. байқалады].*

**ХЛОРОПЛАСТАР** [грек. chloros– жасыл сарғыш, plostes – түзуші] зат. *Өсімдіктер клеткасының фотосинтез процесін жүргізетін ішкі органоиды.*

**ХЛОРОФИЛЛ** [грек. chlōros – жасыл, phyllon – жапырақ] зат. биол. *Жапырақтағы хлоропластарда болатын жасыл пигмент.*

**ХЛОРОФОРМ** [франц. chlorophorme] зат. хим. *Құрамында хлоры бар, ерекше иісті, ұйқыға шомдыратын түссіз органикалық сұйық хат.*

**ХЛОРОФОС** зат. хим. *Суда жақсы еритін, иісі шамалы ғана білініп тұратын, ақ түсті, кристалды улы дәрі.*

**ХЛОРПИКРИН** [грек. chlōros – жасыл сарғыш, pikros – ашты] зат. хим. *Иісі мұрын жаратын, ауылшаруашылық зиянкестерімен күресуде, дезинфекция жасауда, сондай-ақ улағыш зат есебінде қолданылатын өткір иісті, түссіз сұйық з а т .*

**ХЛОРПРЕН** зат. хим. *CH2-CC1CH=CH2 - галогені бар қанықпаған алифатты көмірсутек.*

**ХЛОРСУТЕК** зат. хим. *HC1 – тұз қышқылы.*

**ХЛОРТЕТРАЦИКЛИН** зат. биол. *Емдік қасиеті күшті дәрі биомицин деп те аталады [Actinomyces aurefaciensten-тен алынады. Коректік ортада $B_{12}$ витаминін түзе алады. Сары түсті, кристалл ұнтақ, күн сәулесі түскенде тез бүлініп кетеді. Бөлме температурасында, қараңғы жерде ыдыста сақтағанда шипалық қасиеті жойылмай, ұш жылға дейін сақталады].*

**ХОАНОЦИТТЕР** зат. биол. *Губкалардың энтодерма қабатында орналасқан талшықтыжағалы жасушалары.*

**ХОББИ** [ағыл. hobby] зат. мәд. *Әрбір адамның бос уақытын өткізудің ең қызық, лайық жолы деп танитын өзіне ғана тән іс-әрекет әуестігі [Біреулер пошта маркаларын жинаса,*

*екіншілері автомобильдер тарихын қызықтайды, келесілері – су түбіне сүңгумен айналысады].*

**ХОББИШІ** зат. *Белгілі бір әуесқойлық нәрсемен шұғылданатын адам.*

**ХОККЕЙ** [ағыл. hockey] зат. спорт. *Мұз алаңында немесе көгал үстінде екі жақтың бірбірінің қақпасына имек басты таяқшамен доп не шайба түсіру үшін бәсекелесетін спорт ойыны.*

**ХОККЕЙШІ** зат. спорт. *Хоккей ойнайтын спортшы.*

**ХОЛДИНГ** [ағыл. holding] зат. экон. *Тәуелді және еншілес компаниялар акцияларының бақылау пакеттерін иеленуші басты компания, заңды тұлға.*

**ХОЛДИНГІЛІК: холдингілік компания.** <ағыл. holding company> а) *Заң жүзінде дербес фирмалар немесе банктер акцияларының бақылау пакеттерін иеленуші акционерлік қоғам.* ә) *Басқа компаниялардың қызметіне бақылау орнату және дивиденд түрінде табыс алу мақсатымен капиталы көбінесе олардың акцияларының бақылау пакеттерін сатып алу үшін пайдаланылатын акционерлік компания.*

**ХОЛЕРИК** [лат. cholericus] зат. псих. пед. *Эмоциялық қозуы өте шапшаң, өзінің сезім күйін бірден байқататын, қызу мінезді адам; темпераменттің бір түрі.*

**ХОЛЕСТЕРИН** [грек. cholē] зат. мед. тамақ. *Стериндер тобына жататын заттек; жануарлар организмінің барлық клеткаларында, бүйрек үсті безі, ми, бауыр, жұмыртқа сары уызында көп болатын органикалық заттектер.*

**ХОЛЕЦИСТИТ** [грек. chol – өт, kystis – қап] зат. мед. *Өт қалтасының қабынуынан болатын ауру.*

**ХОЛИН** [грек. cholē] зат. хим. *В тобының дәрумені [Дәнді, бұршақты дақылдардың дәнінде, қызылмияда және басқа да өсімдік тектес өнімдерде, ашытқыда, бауырда болатын, зат алмасуда маңызды мәні бар].*

**ХОЛИСТІК: холистік көзқарас.** экол. *Кейіннен (қажет болған жағдайда) бөліктерін зерделейтін болып, жүйенің қасиеттерін тұтастай бағалау.*

**ХОНДРИТТЕР** [грек. chondros] зат. геол. *Ұсақтүйіршікті силикатты масса аралығына кіріккен хондрлар деп аталатын, жекелеген шар тұрқылас силикатты тамшылардан тұратын тасты таужасынтастар.*

**ХОНДРОБЛАСТАР** [chondroblastus, грек. chondros – шеміршек, blastos – өскін, бастама] биол. *Діңгекті жасушадан түзілген, пішіні сопақша келген жас шеміршек жасушасы.*

**ХОНДРОЦИТ** [грек. chondros – шеміршек, kytos – жасуша] зат. биол. *Шеміршек ұлпасының жасушасы.*

**ХОППЕР** [ағыл. hopper] зат. кен. *Көмір, кен және басқа да сусымалы жүктерді тасуға арналған бункер түріндегі шанағы бар жүк вагоны.*

**ХОР**[1] [грек. choros] зат. муз. **1.** *Вокалдық музыканы қосылып орындайтын әншілер тобы.* **2.** *Әншілер тобының орындауы үшін жазылған көп дауысты музыкалық шығарма.*

**ХОР**[2] сын. *Сұлу, көркем, кемшіліксіз, сымбатты.*

**Хор қызы.** діни. поэт. *Жұмақтағы (пейіштегі) ең сұлу қыз деген мағынада.*

**ХОРАЛ** зат. діни. *Католиктер мен протестанттардың шіркеуде орындайтын көп дауысты діни әндерінің бір түрі, сондай-ақ осындай түрде жазылған музыкалық шығарма.*

**ХОРДА**[1] [грек. chordē] зат. мат. *Шеңбердің екі нүктесін қосатын түзудің кесіндісі.*

**ХОРДА**[2] зат. биол. *Адамның және хордалы жануарлардың арқа жағындағы ұзына бойына созылған желі тәрізді құрылым.*

**ХОРДАБҰРЫШ: хордабұрыш өлшеуіш.** *Бұрыштарды өлшеп салу және картада қашықтықты өлшеп, сызу үшін қолданылатын құрал.*

**ХОРДАЙ** сын. *Хор қызы сияқты, хордың қызындай, аса сұлу.*

**ХОРДАЛЫЛАР** зат. зоол. *Денесінде хордасы немесе омыртқа жотасы болатын жоғары сатыдағы жануарлар.*

**ХОРЕЙ** [грек. choreios] зат. әдеб. *Өлең құрылысының тоникалық жүйесіндегі алғашқы буынына екпін түсетін екі буынды бунақ.*

**ХОРЕОГРАФ** зат. *Жеке билер мен балет шығармаларын сахнаға қоюшы.*

**ХОРЕОГРАФИЯ** [грек. choreia – би, graphō – жазамын] зат. *Би және балет спектакльдерін қою өнері.*

**ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ** сын. *Хореографияға тән, сонымен байланысты.*

**ХОРИОН** [грек. chorion] зат. биол. **1.** *Сүтқоректілер ұрығының сыртқы бүрлі ұрық қабығы.* **2.** *Жоғары сатылы омыртқалы жануарлардың ұрығының алғашқы даму кезеңінде пайда болатын сыртқы ұрық қабық [Хорион трофобластан және ұрықтан тыс мезодермадан дамиды].*

**ХОРМЕЙСТЕР** [грек. choros – хор, нем. Meister – жетекші] зат. муз. *Хор басқарушы дирижер, хор жетекшісі.*

**ХОРТОБИОНТТАР** зат. бот. *Шөптерде мекендейтін организмдер.*

**ХОРУНЖИЙ** [поляк. chorazy] зат. тар. *Патша армиясындағы казак офицерлеріне берілетін подпоручикке тең әскери шен.*

**ХОСПИС** [ағыл. hospice] зат. *Науқастың демі тау сылар күн жақындағанын біле тұра оны тәни және жан қиналысын-жеңілдетуге тырысатын әлеуметтік қызмет, оның мамандары.*

**ХОСПИСТІК** сын. *Хоспике қатысты.*

**ХОССА** зат. экон. *Бағалы қағаздардың бағамын не тауарлардың бағасын көтеруге бағытталған биржалық алыпсатарлық.*

**ХОСТАЛАНДАР** зат. хим. *ГФР-да шығарылатын жүн бояуға арналған бояғыштардың саудадағы атауы.*

**ХОСТ-КОМПЬЮТЕР** зат. инф. **1.** *Желідегі басқа компьютерлер (клиенттер) пайдалана алатын программалар мен файлдарды сақтайтын орталық компьютер.* **2.** *Желі жүйесімен (мыс., интернет желісімен) тікелей байланысқан, өзіндік жеке адресі бар компьютер.*

**ХОСТМОДУЛЬ** [ағыл. hostmodule] зат. инф. *Ақпараттық есептеу процестерін және осы процестердің есептеу желісімен өзара әрекетін сипаттайтын есептеу желісі құрылымының логикалық элементі.*

**ХОШ**[1] [ир. خوش ] зат. *Көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы.*

**Хош келіпсіз.** *Жақсы, дұрыс келіпсіз, келгеніңіз орынды болды.* **Хош көрді.** *Жақсы ниетпен қарсы алды, мақұлдады.*

**ХОШ**[2]**: хош иіс.** а) *Аңқыған жұпар иіс.* ә) *Жанға жайлы, елжіретіп әкететін нәрестенің, сәбидің тәтті иісі.* **Хош иісті бактериялар.** биол. *Тіршілігі барысында хош иісті заттар түзе алатын кейбір микроорганизмдер.* **Хош иістендірілген шараптар.** тамақ. *Жүзім шараптарынан спирт, қант және хош иісті шөптер мен тамырлардың тұнбалары қосылып дайындалған шараптар.* **Хош иісті заттар.** тамақ. *Әдетте жағымды иісі бар органикалық қосылыстар.* **Хош иісті өсімдіктер.** биол. *Жапырағы, гүлі, тамыры және т. б. мүшелері эфир майын алу үшін өсірілетін өткір иісті, құрамында эфир майы бар өсімдіктер тобы.*

**ХОШ**[3] од. *Алдыңғы айтылған ойды жорамал ретінде қабылдай отырып, оған қарсы дерек айтарда қолданылатын құптау сөз.*

**Хош көрді.** *Құптады, мақұлдады, жөн санады.*

**ХОШИІСТЕНДІРГІШ** зат. *Қандай да бір заттың құрамына қосылатын немесе себілетін әртүрлі жағымды иістер.*

**ХОШЛЫҚ** зат. *Адамдық, жақсылық.*

**ХОШРАЙ** ир. сын. ескікіт. *Әдемі, сұлу жүзді.*

**ХОШСЫЗ** сын. *Көңіл күйі жоқ, ықылассыз, зауықсыз.*

**ХОШСЫЗДЫҚ** зат. *Көңіл күйі төмендік, ықыласссыздық, зауықсыздық.*

**ХОШТАН=** ет. *Көңіл-күйі көтерілу, ықыластану.*

**ХОШТАНУ** *Хоштан етістігінің қимыл атауы.*

**ХОШТЫҚ** зат. *Көңіл күйі көтеріңкілік, ықыластылық.*

**ХОШУАҚ** сын. *Көңілді, жарқын.*

**ХОШУАҚЫТ** ир. зат. ескікіт. *Хош көңіл, көңілді, бақытты.*

**ХРАМ** зат. **1.** *Құдайға құлшылық ету үшін салынған ғимарат, шіркеу.* **2.** ауыс. *Жоғары оқу-білім, ғылым ордасы.*

**ХРЕСТОМАТИЯ** [грек. chrēstomatheia] зат. *Көпшілікке танымал болған шығармалардың үзінділерінен немесе әдеби шығармалардың үлгілерінен тұратын, оқушыларға, студенттерге арналған жинақ.*

**ХРИЗАНТЕМА** [грек. chrysanthemon] зат. өс. *Әдемі болып ашылатын, қат-қабат шоқ гүлдері түрліше реңді сәндік өсімдік және осы өсімдіктің гүлі.*

**ХРИЗОБЕРИЛЛ** [грек. chrysos – алтын, bērуllus – берилл] зат. геол. хим. *Оксидтер класына жататын минерал [Химиялық формуласы: $BeA1_20_4$. Сингониясы – ромбылық, кристалдары – қалың тақта, призма. Түсі – сары, жасыл-сары, жасыл (александрит); жылтырлығы – шыныдай; қаттылығы – 8,5; жіктілігі жетілген; меншікті салмағы – 3,50–3,84. Пегматиттерде, метасоматиттерде кездеседі. Мөлдір түсті түрі зергерлік істе қолданылады].*

**ХРИЗОИДИН** зат. хим. *Азоқосылыс [Былғарыны, қағазды сары түске, целлюлозалы талшықты қызғылт сары түске бояуға қажет бояғыш ретінде, полиграфтық бояу дайындауда, т.б. қолданылады].*

**ХРИЗОКОЛЛА** [грек. chrysos – алтын, kolla – желім] зат. геол. *Силикаттар класына жататын минерал [Химиялық формуласы: $CuSiO_3$ $nH_2O$. Агрегаттары – криптокристалды, бүйрек, топырақ тәрізді, қабықшалар. Түсі – көгілдір, жасыл, көк, қоңыр, қара; қаттылығы – 2–4, меншікті салмағы – 2,3. Хризоколла мыс кендерінің тотықтану белдемінде қалыптасады].*

**ХРИЗОЛИТ** [грек. chrysos – алтын, lithos – тас] зат. геол. *Силикаттар класына жататын минерал; оливиннің мөлдір жасыл түсті түрі; асыл тас.*

**ХРИЗОПРАЗ** [грек. chrysos – алтын, prasios – жасыл] зат. геол. *Минерал, әдемі жасыл түсті халцедон; әшекей тас.*

**ХРИЗОТИЛ-АСБЕСТ** [грек. chrysos – алтын, tilos – талшық] зат. геол. *Серпентиннің талшықты түрі [Оның агрегаттары серпентин массасының ішінде қабырғаларына тік орналасқан талшықтан тұратын желілер болып келеді. Талшықтардың ұзындығы мм-дің оннан бір бөлігінен 20–25 мм, кейде 50 мм, өте сирек 160 ммге дейін жетеді. Түсі – жасыл сары, кейде ақ, қоңыр, жылтырлығы жібектей, қаттылығы – 2–3. Жіңішке, берік және майысқақ талшықтарға оңай бөлінеді].*

**ХРИЗОФЕНИН** зат. хим. *Азоқосылыс [Целлюлозалық материалдарға арналған тікелей бояғыштар ретінде қолданылады].*

**ХРИСТИАН** зат. *Христиан діні жолын қуушы адам.*

**Христиан діні.** діни. *Иисус Христостың атына табынуға негізделген дін; будда және ислам діндерімен қатар дүниеге кең тараған діндердің бірі.*

**ХРИСТИАНДЫҚ** зат. діни. *Христиан дінінің жолын қуушылық, соған тән қасиет.*

**ХРИСТИАНШЫЛ** сын. *Христиан дінін жақтаушы.*

**ХРИСТИАНШЫЛДЫҚ** зат. діни. *Христиан дінін ұстаушылық, христиандықты жақтаушылық.*

**ХРОМ**[1] [грек. chrōma] зат. хим. *Сұрғылт түсті, жалтыраушық қатты металл; химиялық элемент.*

**ХРОМ²** зат. *Былғарының жұмсақ, жұқа түрі, сұрыбы.*

**ХРОМАТ** зат. хим. *Хром қышқылдары тұздарының жалпы атауы.*

**ХРОМАТИДТЕР** [грек. chrōma (chrōmatos) – рең, eidos – түр] зат. биол. *Хромосоманың құрамына енетін ұзынша жіпшелер.*

**ХРОМАТИЗМ** зат. физ. *Түрлі түсті кескіндер мен сәулелерді алуда болатын оптикалық ортаның сындырғыштық қасиеті.*

**ХРОМАТИН** [грек. chrōma (chrōmatos)] зат. **1.** биол. *Хромосоманы құрайтын нуклеопротеидті жіпшелер.* **2.** хим. *Ядролық ДНҚ мен нәруыздардың кешені.*

**Хроматин диминуциясы**. биол. *Кейбір эукариоттардың эмбриогенезінің бастапқы немесе микронуклеустердің жетілуі кезінде геномның біраз бөлігінің шетінеп қалуын қамтамасыз ететін генетикалық тұрғыда бағдарланған процесс.*

**ХРОМАТОГРАФ** зат. хим. *Хроматографтауға арналған құрал немесе қондырғы.*

**ХРОМАТОГРАФИЯ** [грек. chrōma (chrōmatos) – рең, graphō – жазамын] зат. хим. *Жылжымалы фаза ағынымен заттар қоспасын бөлудің құрауыштары, концентрациясының аймағы қозғалмайтын фаза бойымен өтіп бара жатқандағы жылдамдықтарының әртүрлі болуына негізделген, талдаудың әдістері мен процестерінің және физика-химиялық зерттеулердің жиынтығы.*

**ХРОМАФФИНДІ: хромаффинді клеткалар.** <грек. chromaffinocyti, chrom – түр-түс, бояу, affinis – ұқсастық, kytos – жасуша> биол. *Ас қорыту мүшелері қабырғаларында, жүйке жүйесінің симпатикалық бөлігінде болатын, бүйрекүсті безінің бозғылт затын құрайтын клеткалар.*

**ХРОМДА=** ет. хим. **1.** *Басқа металдарды хроммен қаптау, хром жалату.* **2.** *Хром қоспаларын араластырып, тері бетін жылтырату.*

**ХРОМДАЛ=** ет. *Хром жағылу, жалатылу.*

**ХРОМДАЛУ** *Хромдал етістігінің қимыл атауы.*

**ХРОМДАТ=** ет. *Хром қоспаларын қосып, былғары сырт киім не аяқкиімді жылтырату.*

**ХРОМДАТУ** *Хромдат етістігінің қимыл атауы.*

**ХРОМДАУ** хим. *Хромда етістігінің қимыл атауы; басқа металдардың бетіне немесе полимерлердің физика-химиялық, технологиялық және декоративті қасиеттерін жақсарту мақсатымен хром қабықшасын қондырудың технологиялық операциясы.*

**ХРОМДЫ** сын. *Құрамында хром бар.*

**Хромды қоспа.** хим. *Қаныққан калий дихроматының ерітіндісі мен концентрациялы күкірт қышқылының бірдей көлемдерінен дайындалатын қоспа.*

**ХРОМЕЛЬ** зат. хим. *Никель негізіндегі құйма [Құрамында 10% хром бар; іс жүзінде оның термокөрсеткіші температураға сызықты тәуелділікте болады, терможұптар жасауда қолданылады].*

**ХРОМИТ** [грек. chroma] зат. кен. *Хромды темір – хром мен темірден тұратын кен [Хромды болат пен феррохром өндіру және хромды темірден отқа төзімді материал алу үшін металлургияда қолданылады].*

**ХРОМИТИТ** зат. геол. *Магмалық таужыныс [Құрамының 90%-дайы хромшпинелидтен тұрады, онымен бірге серпентин, оливин, пироксен кездеседі; хромит кені].*

**ХРОМИТТЕР** зат. хим. *Хромды қышқылдың $HCrO_2$ тұздары.*

**ХРОМОЛИТОГРАФИЯ** [грек. chrōma – рең, lithos – тас, graphō – жазамын] зат. полигр. *Баспада түрлі түсті бояуларды қатар қолданудың литографиялық тәсілі, сол сияқты осы жолмен жасалған баспа өнімі.*

**ХРОМОМЕРЛЕР** зат. биол. *Хромосоманың дезоксинуклео-протеидтері тығыз шиыршықталған, жуандау келген бөлігі.*

**ХРОМОПЛАСТАР** [грек. chrōma – рең, бояу, plastēs – сомдалған] зат. биол. *Ішкі құрылысы онша айқындалмаған, өз бастамасын хлоропластардан немесе лейкопластардан алатын пластидтер [Негізінен сары пигмент – каротиноидтермен толы болады. Әсіресе, жеміс пісер шақта қарқынды түзіледі. Оның есесіне бұл кезде хлорофилдің ыдырау қарқыны да артады. Күздегі жапырақтардың қызыл, сары түске боялуы осы хромопластардың болуымен байланысты].*

**ХРОМОПРОТЕИДТЕР** [грек. chrōma – рең, бояу, prōtos – бірінші, eidos – түр] зат. биол. *Жай белоктан және простетикалық топтан тұратын боялған күрделі белоктар (гемоглобин, миоглобин, цитохромдар және т. б.).*

**ХРОМОСОМА** [грек. chrōma – рең, бояу, soma – дене] зат. биол. *Жасуша ядросында болатын, гендерді тасымалдайтын және ағзалар мен жасушалардың тұқым қуалайтын қасиеттерін анықтайтын органоидтер [Жыныс жасушаларында сыңар, яғни гаплоидті болса, басқа жасушаларда диплоидті – жұп болады. Басқаша айтқанда, құрамында гендер болатын және генетикалық ақпаратты сақтау мен тасымалдау қызметін атқаратын ДНҚ-ның үлкен молекулалары].*

**Хромосома конъюгациясы.** биол. *Гомологтық хромосомалардың уақытша жұптасқан айқасы.* **Хромосомалар жиынтығы.** биол. *Белгілі бір организмнің жасушаларына тән хромосома жиынтығы [Бұл екі типті: гаплоидті – жыныс жасушаларында (n) және диплоидті – дене жасушаларында (2n) болып келеді. Мысалы, адамның жыныс жасушасында 23 (n), ал дене жасушасында 46 (2n ) хромосома болады].*

**ХРОМОСОМАЛЫҚ** сын. *Хромосомаға тән.* **Хромосомалық абберация**. биол. *Хромосомалар құрылысындағы әртүрлі өзгерістері (делеция, транслокация, инверсия, дупликация).* **Хромосомалық мутациялар**. биол. *Түрлі хромосомалық өзгерістерге байланысты болатын тұқым қуалайтын өзгергіштік.*

**ХРОМОСФЕРА** [грек. chrōma – рең, бояу, sphaira – шар] зат. астр. *Күнді қоршаған атмосфераның сыртқы қабаты.*

**ХРОМОТОГРАФИЯЛЫҚ: хромотографиялық талдау.** хим. *Қоспа құрауыштарының сорбент пен элюент арасындағы тепе-теңдігіне немесе кинетикалық таралу өзгешеліктеріне негізделген талдау.*

**ХРОМОФОРЛАР** зат. хим. *Органикалық қосылыстар құрамындағы бояуға жауапты атомдық топтамалар (мысалы, $-N = N-$, $-NO_2$, $-N = O$, $-CH=CH-$, $-C-O$).*

**ХРОМПИК** зат. хим. **1.** *Калий дихроматының техникалық атауы.* **2.** *Хромды қоспа.*

**ХРОНИКА** [грек. chronikos] зат. **1.** *Болып өткен оқиғаларды уақыт ретімен, тәртіппен жазу ісі.* **2.** *Баспасөздің қысқаша ғана хабарлар жариялап отыратын бөлімі.* **3.** *Күнбе-күнгі қоғамдық өмір жайында жасалған деректі фильм.*

**ХРОНИКАЛЫ** сын. *Бірнеше хроникадан тұратын көп қырлы, оқиғалы.*

**ХРОНИКАЛЫҚ** сын. *Хроникаға қатысты, соған негізделген.*

**ХРОНОБИОЛОГИЯ** [грек. chronos – уақыт, bios – өмір, logos – ілім] зат. экол. *Әртүрлі организмдер мен олардың қауымдастығының тіршілік әрекеті процестерінің ырғақты ұйымдастырылу заңдылықтарын зерттейтін биология бөлімі.*

**ХРОНОГРАФ¹** [грек. chronos – уақыт, graphō – жазамын] зат. тар. *Белгілі бір ежелгі елдің тарихи хроникасын баяндайтын ескілікті көне жазу ескерткіші.*

**ХРОНОГРАФ²** [грек. chronos – уақыт, graphō – жазамын] зат. физ. *Қысқа мерзімнің ішінде өте шығатын шапшаңдықты тіркеп және өлшеп отыратын, өздігінен жазатын аспап.*

**ХРОНОЛОГ** зат. *Хронологиямен айналысушы адам.*

**ХРОНОЛОГИЯ** [грек. chronos – уақыт , logos – ілім] зат. *Болып өткен уақыт ретімен тіркеліп отырылған оқиғалар тізбесі.*

**ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. **1.** *Оқиғаның болған уақытын өз кезегімен тіркеп отыратын.* **2.** *Хронологияға негізделген.*

**ХРОНОМЕТР** [грек. chronos – уақыт, metreō – өлшеймін] зат. физ. *Өте дәл жүретін аспап.*

**ХРОНОМЕТРАЖ** [грек. chronos – уақыт, metreō – өлшеймін] зат. *Хронометрдің көмегімен қимыл-әрекетке кеткен уақытты өлшеп білу әдісі.*

**ХРОНОМЕТРАЖШЫ** зат. *Хронометраж ісімен шұғылданушы кісі.*

**ХРОНОСКОП** [грек. chronos – уақыт, skopeō – қараймын, бақылаймын] зат. физ. *Уақыт аралығындағы титтей сәтті өлшейтін аспап.*

**ХРОНОТОП** филос. *Мәдени кеңістік пен уақыттың бірлігін білдіретін ұғым [Бұл ұғым бастапқыда жаратылыстану ілімдерінен алынған].*

**ХРУСТАЛЬ** [грек. krystallos] зат. **1.** *Айрықша жалтылдап тұратын жоғары сұрыпты шыны.* **2.** *Сондай шыныдан жасалған қымбат бағалы ыдыс-аяқ.*

**Хрустальды шыны.** хим. *Жоғары сыну көрсеткішімен, ашық жалтырымен, мөлдірлігімен ерекшеленетін шыны.*

**ХУМАР** [ар. خمار ] зат. діни. *Ақирет кебіннің әйел шашын жабатын бөлігі.*

**ХУНТА** [испан. junta] зат. саяси. *Испанияда және бірқатар испан тілді Латын Америкасы елдерінде қоғамдық-саяси ұйымның, бірлестіктің, жиналыстың атауы; билікке заңсыз жолмен (мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде) келген топтардың атауы.*

**ХУРАЛ** зат. *Моңғол Халық Республикасындағы еңбекшілердің жоғарғы және жергілікті өкімет органдарының аты.*

**ХУРРАМ** сын. ескікіт. *Қуанышты.*

**ХУСИСИ** сын. ескікіт. *Бірінші сатыдағы мектеп, гимназия.*

**ХУСНИЗӘН** ир. зат. ескікіт. *Жақсы ниет, көркем ой, жақсы пікір.*

**ХУСУСАН** ар. үст. *Әсіресе, тіпті.*

**ХУТОР** зат. *Ресей мен Украинаның ауылды жерінде болатын бірнеше түтінді кішігірім елді мекен.*

**ХҰЖЫРА** зат. сөйл. **1.** ***Құжыра*** *(жеке бөлме, камера, каюта).* **2.** *Медресенің шәкірттері мен мұғалімдеріне арналған тұрғын үй.*

**ХҰЗЫР** [ар. حضور ] зат. *Билігі, қол асты, қарамағы.*

**ХҰЗЫРХАТ** зат. ***Құзырхат.***

**ХҮКІМЕТ** зат. *Тиісті мемлекеттік органдардың дауларды шешу және құқық бұзушылық істерді шешу, яғни тұлғаның немесе өзге құқық субъектісінің іс-әрекетін олардың заңдылығы тұрғысынан бағалау, құқық бұзушыларға заң ықпалшараларын қолдану жөніндегі өкілеттіктерінің заңмен белгіленген жиынтығы; юрисдикция.*

**ХҰЛЫҚ** [ар.] зат. *Мінез, құлық.*

**ХҮКІМ** зат. ескікіт. ***Өкім.***

**ХҮКІМШІ** зат. *Үкімші, билік айтушы.*

**ХҰҚ** [ар. حق ] зат. *Азаматтық, саяси ерік, құқық.*

**ХҰҚЫҚ** [ар. حقوق ] зат. ***Құқық*** *(ерік, хақы, хұқы).*

**ХҰҚЫҚСЫЗ** сын. *Азаматтық құқықсыз, еріксіз, құқы жоқ.*

**ХҰҚЫҚСЫЗДЫҚ** сын. *Еркі жоқтық, құқықсыздық, құқы жоқтық.*

**ХҰҚЫҚТЫ** сын. *Азаматтық құқығы бар, ерікті.*

**ХҰЛЛА: хұлла тон.** *Өте асыл киім; қымбатты жіппен тігілген әсем кестелі тон.*

**ХҰП: хұп білу.** ескікіт. *Жақсы білу.*

**ХҰРСАНТ** сын. көне. *Шат көңілді, шадыман.*

**ХҰСНА** [ар. حسنى ] сын. көне. *Ең жақсы, өте әдемі, асқан сұлу, тамаша.*

**ХҰСНИ** [ар. حسنى ] сын. көне. *Ең жақсы, өте әдемі, асқан сұлу.*

**Хұсни жамал.** көне. *Асқан сұлулық, көркемдік.*

**ХҰСНИХАТ** [ар. حسن الخط] зат. көне. <грек. kalligraphia] *Әдемі, анық, көркем етіп жаза алу өнері, құсни жазу.*

**ХҰСІДШІЛДІК** [ар. حسد ] зат. көне. *Күндестік, күншілдік.*

**ХҰТБА** [ар. خطبة ] зат. діни. **1.** *Уағыз, хатибтың (имамның) уәзі [Хұтба туралы Пайғамбардың өмірнамасында, көптеген хадистерде сөз болады. Хұтба, негізінен, жұма күні ірі мейрамдар кезінде және ерекше жағдайда (күн тұтылғанда, қуаңшылықта т.б.) оқылады. Хұтбаны имам-хатиб мінберде түрегеп тұрып оқиды].* **2.** *Неке дұғасы, уағыз сөз.*

**ХҰТПА** зат. діни. ***Хұтба.***

**ХҰЖРА** ар. зат. ескікіт. *Құжра; бөлме.*

**ХҮКІМ** зат. ескі кіт. ***Үкім.***

**ХҮКІМЕТ** зат. ескі кіт. ***Үкімет.***

**ХҮРМЕТХАНА** зат. көне. *Мейрамхана [Міржақып Дулатов ресторанды «хүрметхана» деп атаған].*

**ҺАҚ** сын. *Ақ, ақиқат мағынасында.*

**ҺАЛЕКЕТ** зат. ескі кіт. *Пәлекет.*

**ҺАУАЛАН** зат. ескі кіт. *Мастану, желігу.*

**ҺӘМ** зат. ескі кіт. *Немесе, және.*

**ҺӘМИША** ир. үст. *Ылғи, үнемі.*

**ҺӘММА** зат. ескі кіт. *Барлығы, жалпы.*

**ҺӘММӘ** шыл. *Әрі.*

**ҺӘР** зат. *Әр, әрбір.*

**ҺӘУАС** ар. зат. *Орынсыз әуесқойлық, соқыр сезім.*

**ҺЕШ** ар. ес. ескікіт. ***Еш.***

**ҺИНДИ** ар. зат. ескікіт. ***Үнділік.***

# Ц

**Ц** зат. **1.** *Тіл ұшы үстіңгі күрек тіске барып соқтығудан жасалатын дауыссыз дыбыс.* **2.** *Қазақ әліпбиіндегі тіл алды, қатаң, аффрикат дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп.*

**ЦАПОНЛАК** [нем. Zaponlack] зат. хим. *Құрамына пластификаторлар қосылмайтын түссіз немесе боялған нитроцеллюлозалы лак.*

**ЦАПФА** [нем. Zapfen] зат. тех. *Біліктің я жұмыр валдың подшипнигінде айналатын жері.*

**ЦАРИЗМ** зат. тар. *Патшалық Россия кезінде ел билеудің тізгіні жалғыз адамның, монархтың қолында болған мемлекеттік құрылыс.*

**ЦЕДЕЛ** зат. экон. *Бағалы қағаздармен жасалатын операциялар бойынша банк аралық есептесудің халықаралық автоматтандырылған жүйесі.*

**ЦЕДЕНТ** [лат. cedere] зат. экон. *Өзінің талап ету құқығын басқа адамға беруші несиегер.*

**ЦЕЗИЙ** [лат. caesium] зат. хим. *Ауада өздігінен тұтанатын алтындай сары реңкті ашық металл; химиялық элемент, таңбасы - Cs.*

**ЦЕЗИУМ** зат. *Жұмсақ бидайдың түр тармағы; масағы сұрқай қызыл, қылтанақты, түссіз бидай.*

**ЦЕЙТНОТ** [нем. Zeitnot] зат. *Шахмат ойынында кезекті жүрісті қалай жүрерін білмей, тұйыққа тіреліп, уақытты ұтқызу.*

**ЦЕЙТНОТТЫҚ** зат. *Цейтнотқа түсу жағдайы. Шахматта кезекті жүрісті таба алмай уақыт өткізушілік.*

**ЦЕЙХГАУЗ** [нем. Zeughaus] зат. әск. *Бұйым, әртүрлі зат қоймасы.*

**ЦЕЛЕСТИН** [лат. caelestis] зат. геол. *Түсі солғын көк, жасыл, қызғылт, түссіз шынылай жылтыр, шөгінді жыныстарда, гидротермалдық желілілерде ұшырасатын минерал.*

**ЦЕЛИЙ** зат. хим. *Химиялық элемент.*

**ЦЕЛЛОФАН** [лат. cellula – жасуша, грек. phanos – мөлдір] зат. *Целлюлозадан істелінетін, су өтпейтін мөлдір жұқа пленка.*

**ЦЕЛЛУЛОИД** [лат. cellula – жасуша, грек. eidos – түр] зат. **1.** *Целлюлозадан істелінген созылмалы берік з а т.* **2.** хим. *Целлюлоза нитраты негізіндегі термопласт.*

**ЦЕЛЛЮЛОЗА** [лат. cellula] зат. **1.** *Қағаз, оталғыш, жарылғыш заттар жасауға жұмсалатын, ағаштан өндірілетін шикіз а т.* **2.** хим. *Құрылымдық полисахарид, глюкозаның тармақталмаған полимері; жасуша қабырғаларының басты құрам бөлігі, өсімдік массасының 50–99% құрайды, тоқыма, микробиология өнеркәсіптерінде қағаз, қабықша өндіру т.б. ретінде қолданылады.*

**ЦЕЛОМАТА** [лат. coelomata] зат. зоол. *Қайталама қуыстары бар бір топ жануарлар (буылтық құрттар, моллюскалар, буынаяқтылар, жартылай хордалылар).*

**ЦЕМЕНТ** [нем. Zement] зат. **1.** *Майда ұгінді түрінде әзірленген, су қосып араластырғанда тұтқыр жабысқақ қоспа болып шығатын құрылыс материалы.* **2.** экол. *Құрылыс өнеркәсібінде қолданылатын стандартты материал [Құны төмен және жұмысқа қолайлы болғандықтан, радиоактивті қалдықтарға қатысты жұмыстарда көп қолданылады].* **3.** хим. *Кальций силикаттары, алюминаттары немесе ферриттері негізіндегі байланыстырғыш материал. Ц*

**ЦЕМЕНТИТ** зат. хим. *Темір карбиді, темір-көміртекті құймалардың фазалық және құрылымдық негізі, перлит, сорбит, ледебурит және болат өнімдерінің құрамбөлігі.*

**ЦЕМЕНТТЕ=** ет. *Цемент қосып ұстату, бекіту.*

**ЦЕМЕНТТЕЛ=** ет. **1.** *Цемент құйылу, сылану.* **2.** геол. *Тас сияқты қатты күйге айналу.*

**ЦЕМЕНТТЕЛУ** *Цементтел етістігінің қимыл атауы; қатты күйге айналу.*

**ЦЕМЕНТТЕТ=** ет. *Цементтен құйдыру, бекіту, сылату.*

**ЦЕМЕНТТЕТУ** *Цементтет етістігінің қимыл атауы.*

**ЦЕМЕНТТЕУ** *Цементте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Цемент қосып бекіту, ұстату.* **2.** хим. *Түсті металлургияда – алтын мен мысты шөктіруде, никель өндіру кезінде электролитті тазалауда қолданылатын гидрометаллургиялық процесс.* **3.** *Металл өңдеуде металл (көбіне болат) бұйымдарды химиялық-термиялық өңдеудің бір түрі; бұйым беті 900–950°C-та көміртекпен қанықтырылады.* **4.** кен. *Грунттарды цементтеу – ұңғымаларға цементті не цементті-балшықты ерітінділерді қысыммен айдау арқылы грунттарды бекіту әдісі.*

**ЦЕМЕНТТІ** сын. *Цемент араластырып істелген, құрамында цементі бар.*

**ЦЕНАНАБИОЗ** зат. биол. *Әртүрлі сыртқы факторларды және микроорганизмдердің құрамын өзгерту арқылы өнімдерді сақтау әдісі.*

**ЦЕНЗ** [лат. census] зат. *Азаматтардың белгілі бір саяси құқықтарын іске асыруды шектеп отыратын шарт.*

**ЦЕНЗОР** [лат. censor] зат. *Баспа орындары басқан кітап не газет-журнал, тағы басқаларды бақылаушы қызметкер.*

**ЦЕНЗУРА** [лат. censura] зат. **1.** *Баспасөзге дайындалған, сахнаға қоюға әзірленген шығармаларға бақылау жасайтын орын.* **2.** заң. *Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын және материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап етуі бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын ала келісу.*

**ЦЕНОБИОЗ** зат. экол. *Организмдердің қауымдастықтарда бірлесіп тіршілік етуі.*

**ЦЕНОБИОНТ** зат. экол. *Қауымдастықтың мүшесі ретіндегі организм (біртұрлік қауымдастық ретіндегі популяцияда немесе көптұрлік қауымдастық ретіндегі биоценозда).*

**ЦЕНОГЕНЕЗ** [грек. kainos – жаңа, genesis – тек] зат. экол. **1.** *Организмнің эмбриондық немесе дернәсілдік дамудың тән жағдайларына бейімделу үдерісі.* **2.** *Табиғи эволюцияның нәтижесінде, соның ішінде адамның әрекеті нәтижесінде де бұрын болмаған жаңа табиғи қауымдастықтардың қалыптасуының ұзақ үдерісі; мыс., америкалық үйеңкінің еуропалық орманды дала өңірінде қолдан өсіріліп таралуы.*

**ЦЕНОЗ** [грек. kainos] зат. экол. *Кез келген қауымдастық (биоценоз, зооценоз, фитоценоз және т.б.).*

**ЦЕНТ** [лат. centum] зат. қаржы. *АҚШ, Канада сияқты кейбір елдердегі бір доллардың жүзден біріне тең ұсақ ақша.*

**ЦЕНТНЕР** [нем. Zentner] зат. *Жүз килограмға тең салмақ өлшемі.*

**ЦЕНТНЕРЛЕ=** ет. *Центнер-центнер ету, мол ету.*

**ЦЕНТНЕРЛЕУ** *Центнерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЦЕНТНЕРЛІК** сын. *Бір центнерге жететін.*

**ЦЕНТРАЛИЗМ** зат. саяси. тар. *Бір орталықтан басқару жүйесі.*

**ЦЕНТРИЗМ** зат. саяси. тар. **1.** *II Интернационалдағы реформистік және революциялық бағыттағылардың күрес барысында туған оппортунистік идеялық саяси ағым.* **2.** саяси. *Қалыпты реформалар жүргізу арқылы әртүрлі әлеуметтік-саяси күштерді біріктіруге талпынатын көшбасшылар мен ұйымдардың саяси көзқарасы. Оңшыл радикалды, солшыл радикалды идеялық-саяси ағымдардың экстремизмі.*

**ЦЕНТРИФУГА** [нем. Zentrifuge] зат. техн. *Сыртқа тепкіш күш арқылы аралас затты құрама бөлшектерінен ажырататын қондырғы.*

**ЦЕНУР** зат. биол. *Таспа құрттардың финна дернәсілінің бір түрі.*

**ЦЕОЛИТТЕНУ** зат. хим. *Цеолит пайда болатын гидротермалық метасоматоз процесі.*

**ЦЕОЛИТТЕР** [грек. zeō – қайнау, lithos – тас] зат. отын.мұнай. *Кристалды алюмосиликаттар – крекинг процесінде катализатор үшін және табиғи елек ретінде, көмірсутектердің топтарын бір-бірінен айыруға, газдарды сусыздандыруға қолданылады.*

**ЦЕРВИЦИТ** зат. вет. [лат. cervix (uteri)] *Көбінесе малдың қысыр қалуына әкеліп соғатын жатыр мойнының қабынуы.*

**ЦЕРЕЗИН** зат. отын.мұнай. *Парафин көмірсутектерінен тұратын қатты қоспа [Ц ер е з и н озокеритті арнайы әдістермен өңдеу жолымен дайындалады].*

**ЦЕРЕМОНИАЛ** зат. *Белгілі бір шараны салтанатты түрде өткізудің ресми тәртібі.*

**ЦЕРЕМОНИЯ** [лат. caerimonia] зат. *Белгілі бір шараны өткізудің дағдылы салтанатты тәртібі, жөн-жосығы.*

**ЦЕРИЙ** [лат. cerium] зат. хим. *Сұрғылт түсті, оңай балқитын жұмсақ металл.*

**ЦЕРУССИТ** [лат. Cerussa] зат. хим. *Карбонаттар класына жататын минерал.*

**ЦЕССИОНАРИЙ** [франц. cessionaire] зат. экон. *Өзіне талап ету құқығы берілгендіктен, несиегерге айналушы адам.*

**ЦЕССИЯ** [лат. cessio] зат. **1.** экон. *Өзінің меншікті, құрал-жабдықты, қаражатты иеленуі немесе оларды алуы құқығын басқа адамға ұсыну, табыстау.* **2.** заң. *Азаматтық заңдарға сәйкес міндеттемедегі талаптарды азайту.*

**ЦЕСТОДОЗДАР** зат. мед. *Таспа тәрізді ішқұрттарды тудыратын аурулар (мониезиоз, тизаниезиоз, ценуроз, эхинококкоз, цистицеркоз т.б.).*

**ЦЕТАН** з а т . х и м . *$CH_3(CH_2)_{14}CH_3$ - қаныққан алифатты көмірсутектер.*

**ЦЕТАНДЫҚ: цетандық сан.** х и м . *Дизельдік отындардың детонациялық тұрақтылығының сипаттамасы.*

**ЦЕХ** [нем. Zeche] з а т . *Өнеркәсіп орнының негізгі өндірістік бөлімшесі.*

**Цехтың өзіндік құн.** э к о н . *Цехтың өнім өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге) жұмсаған ақшалай шығыны.* **Цех шығысы.** э к о н . *Өндірісті ұйымдастыруға, басқаруға, оған қызмет көрсетуге жұмсалған шығын; жалпы өндірістік шығыстың құрамдас бөлігі.*

**ЦИАН** [грек. kyanos] з а т . х и м . *Азот пен көміртегінің қосындысынан тұратын өте улы, өткір иісті, түссіз газ.*

**ЦИАНАЗИД** з а т . х и м . *$N_3CN$ - азотты сутек қышқылының циан туындысы.*

**ЦИАНАЛДАР** з а т . х и м . *Фталоцианинді бояғыштар туындылары ерітінділерінің ТМД-да қабылданған атауы.*

**ЦИАНАМИД** з а т . х и м . *Жартылай өнім ретінде синтетикалық шайырлар өндірісінде қолданылатын $NH_2CN$ - көгерткіш қышқылдың амиді.*

**ЦИАНИДТЕР** з а т . х и м . *Көгерткіш қышқылдардың тұздары.*

**ЦИБАЛАНДАР** з а т . х и м . *Жүнді және табиғи жібекті бояуға арналған, Швейцарияда шығарылатын белсенді бояғыштардың саудадағы атауы.*

**ЦИВИЛИЗАЦИЯ** [лат. civilis] з а т . *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезіндегі рухани және материалдық мәдениеттің даму сатысы; өркениет.*

**ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАН=** е т . *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезінде рухани және материалдық мәдениет жағынан дамып өркендеу; өркениеттену.*

**ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАНУ** *Цивилизациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ЦИГЕЙКА** з а т . *Жүнін қысқалау етіп қырқып, бояған қой терісі.*

**ЦИКЛ** [грек. kyklos] з а т . **1.** *Мөлшерлі уақыт ішінде толық бір айналыс жасайтын белгілі бір құбылыстар жүйесіндегі үдерістердің жиынтығы.* **2.** ә д е б . *Қаһармандарының я тақырыбының немесе тарихи дәуірінің бірыңғай болып келуіне қарай топтастырылған шығармалар тобы.* **3.** и н ф . *Алгоритмнің немесе программаның бірнеше рет орындалатын бөлігі.*

**Циклді қосылыстар.** х и м . *Құрамына циклдер кіретін химиялық қосылыстар.* **Циклдерді оңтайландыру**. и н ф . <ағыл. cycle optimization> *Программаларды оңтайландырудың негізгі мақсаты болып саналатын алгоритмдер мен программалардағы циклдердің орындалу уақытын жергілікті оңтайландыру.* **Циклдерді санауыш**. и н ф . <ағыл. the counter of cycles> *Циклдің қадамдар санын есептейтін программа операторы.* **Цикл индексі**. и н ф . <ағыл. cycle index> *Циклдің орындалған қадамдарының саны.* **Цикл қадамы**. и н ф . <ағыл. cycle step> *Цикл параметрінің ағымдағы мәнін қосу немесе азайту арқылы өзгертетін шама.* **Цикл операторы**. и н ф . <ағыл. cycle statement> *Циклге кіретін операторлар тобының бірнеше рет қайталанып орындалуын анықтайтын программадағы оператор.* **Цикл параметрі**. и н ф . <ағыл. cycle parameter> *Цикл операторында циклдің қайталанулар (қадамдар) санының санауышы ретінде пайдаланылатын айнымалы.* **Цикл тізімі**. и н ф . <ағыл. the list of a cycle> *Цикл айнымалысының мәндерін есептеу ережесі мен оның аяқталу шартын анықтайтын цикл операторы құрылымының бөлігі.* **Цикл уақыты**. и н ф . <ағыл. cycle time> *Бір тізбек оқиғалардың немесе құбылыстардың шығуының уақыт аралығы (мысалы, жадқа жүйелі түрде назар аударудағы уақыт аралығы).*

**ЦИКЛДЕН=** е т . и н ф . *Программаның орындалу барысында шексіз қайталанудың пайда болуы; мұндай циклден шығу үшін компьютер операторының программаны еріксіз үзуі.*

**ЦИКЛДЕНУ** *Циклден етістігінің қимыл атауы.*

**ЦИКЛДІ-АҒЫНДЫ: циклді-ағынды технология.** к е н . **1.** *Кен орындарын жерасты әдісімен пайдалануда – қазып алудың белгілі бір жүйелерінде руданың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар технологиялық процес терді ұштастыруды көздейтін кен жұмыстарын жүргізу сұлбасы.* **2.** *Кен орнын ашық пайдалануда – қатты таужыныстар мен рудаларды қазып алу сұлбасы [Бұл үшін жару жұмыстарын жүргізу және конвейерлік көлікті қолдану керек болады].*

**ЦИКЛДІК: циклдік алгоритм**. и н ф . <ағыл. round-robin algorithm> *Есептеу процесінің бірнеше рет қайталап орындалатын бөлігі бар алгоритм; уақытты бөлуі бар жүйелерде – орталық процессордың өзіне бөлінген квант уақытын пайдаланған мәселені үзуде әрі кезектің соңына орналастыруда қолданылатын алгоритм.*

**Циклдік бақылау байты.** и н ф . <ағыл. cyclic check byte> *Циклдік бақылау жайында ақпараты бар әрі магниттік тасуышқа мәліметтер блогын жазуды жүзеге асыратын байт.* **Циклдік буфер.** и н ф . <ағыл. circular buffer> *Мәліметтерді жазу мен оқу кезінде жылжитын еркін кеңістіктің басы мен соңын көрсетушісі бар жиым түрінде буферді ұйымдастыру [Жиымның соңына жеткен соң көрсетуші оның басына орнатылады].* **Циклдік код.** и н ф . <ағыл. cyclic code> *Егер V – кодтық сөз болса, онда оның циклдік ығысуының барлық нәтижелері де кодтық сөздер болатын сызықтық код.* **Циклдік қосынды.** и н ф . <ағыл. the cyclic sum> *Әдетте, жедел жадтың ұяшығына сәйкес келетін біркелкі пішімдегі мәліметтер элементтерінің қосындысы [Мұнда үлкен разрядтан тасымалдау кезінде келесісі үлкендігі бойынша кіші разряд болып саналады].* **Циклдік программа.** и н ф . <ағыл. cyclic program> *Алгоритмнің ең болмағанда қайталайтын бір бөлігі – циклі бар программа.* **Циклдік процесс.** и н ф . <ағыл. cyclic process> *Алгоритмнің (программаның) сол бір ғана бөлігін әлденеше рет қайталау процесі.* **Циклдік регистр.** и н ф . <ағыл. circular register> *Мәліметтер регистрі.* **Циклдік сұрау әдісі.** <ағыл. search ring method> *Үзілім желісін сұрау циклдік тәртіппен жүзеге асырылатын, сондай-ақ бірінші ең жоғарғы басымдылық сұралатын басым үзілімдер жүйесі.* **Циклдік тасымалдау.** и н ф . <ағыл. end-around-carry> *Кері кодта ұсынылған екі бүтін санды қосындылау кезінде талап етілетін тасымалдау түрі [Егер сандардың үлкен разрядтарын қосындылау кезінде тасымалдау жағдайы туатын болса, онда оны кері кодта берілетін нәтиженің кіші разрядына қосу қажет].* **Циклдік ығысу.** и н ф . <ағыл. circular shift> а) *Циклдік ығысу командасымен берілетін ығысу операциясы.* ә) *Регистрдің бір шетінен жылжытылатын разрядтар оның екінші жағына келіп, сол ретпен босаған орынға орналасатын ығысу.*

**ЦИКЛОГРАФИЯ** [грек. kyklos – шеңбер, grapho – жазамын] з а т . т е х . *Бір кадрде қозғалыстың тізбегін, сол сияқты жеке нүктелерді, бүтін тұлғаларды суретке түсіре алатын арнайы жабдық.*

**ЦИКЛОН** [грек. kyklon] з а т . г е о г р . *Ауа қысымының төмендеуімен байланысты қалың бұлт қаптап, жауын-шашынға айналатын атмосфераның құйынды күйі.*

**ЦИКЛОНДЫ: циклонды әдіс.** *Мысты балқыту тәсілдерінің бірі.*

**ЦИКЛОНДЫҚ** с ы н . *Циклонға қатысты.*

**Циклондық әрекет.** *Атмосферадағы жалпы айналымның нысаны, онда циклондар мен антициклоидардың пайда болуы, дамуы, қозғалысы мен ыдырауы.*

**ЦИКЛОТРОН** [грек. kyklon – дөңгелек, ēlektron – кәріптас] з а т . ф и з . *Ядролық бөлшектердің қозғалыс қуатын үдететін арнайы күрделі құрылғы.*

**ЦИЛИНДР** [грек. kylindros] з а т . **1.** г е о м . *Тұйық цилиндрлік бетпен және өзара параллель екі жазықтықпен шектелген геометриялық дене.* **2.** т е х . *Мәшине мен механизмдердің (іштен жанатын двигательдің, бу мәшинесінің, гидравликалық не пневматикалық жүйелердің) поршеньді қаптап тұратын жұмыр шелекшесі.* **3.** *Формасы осындай биік төбелі, жиегі тарлау қатты қалпақ.* **4.** и н ф . *Магниттік дискілер дестесіндегі сызықжолдардың жиынтығы. Мұнда жазбаға қатынас құру қатынас құру тетігінің орнын өзгертпестен жүзеге асырылады.*

**Цилиндрлер индексі.** и н ф . <ағыл. cylinder index> *Индекстік-тізбекті мәліметтер жинағының аймағы [Оған осы мәліметтер жинағы орын алатын цилиндрлер адресі және берілген цилиндрлерде орналасқан кілттердің максимал мәндері кіреді].* **Цилиндр нөмірі.** и н ф . <ағыл. cylender number> *Магниттік дискі цилиндріне телінген реттік нөмір.*

**ЦИМБАЛ** [венг. cimbalom] з а т . м у з . *Түрін ішек тартылған жәшікке ұқсатып жасап, кішкене таяқшамен ұрып ойнайтын украин халқының музыкалық аспабы.*

**ЦИНИЗМ** [грек. kynismos] з а т . с а я с и . *Мәдениет жетістіктеріне, адамгершілік қасиетке немқұрайды қарайтын шектен асқан арсыз қылық.*

**ЦИНК** [нем. Zink] з а т . х и м . *Көгілдір ақ таңдақ түсті химиялық элемент, қақтауға төзімді металл; мырыш.*

**ЦИНКАТТАР** з а т . х и м . *Бос күйінде болмайтын мырыш қышқылының $H_2ZnO_2$ тұздары.*

**ЦИНКОГРАФ** з а т . п о л и г р . *Баспаға басылатын суреттің мырыштан құйылатын қалыбын дайындаушы жұмысшы.*

**ЦИНКОГРАФИЯ** [нем. Zink – мырыш, грек. graphō – жазамын] з а т . п о л и г р . *Фотография жолымен мырыштан суреттердің клишесін дайындау тәсілі, сондай-ақ клише әзірлейтін орын.*

**ЦИНКТЕЛ=** е т . *Цинк қосылу.*

**ЦИНКТІ** с ы н . *Құрамына цинк қосылған, мырышты.*

**ЦИПЕРМЕТРИН** з а т . х и м . *Мақтаны, жеміс-жидек өсімдіктерді өңдеуде инсектицид ретінде қолданылатын фототұрақты пиретроид, перметриннің циантуындысы.*

**ЦИРК** [лат. circus] з а т . *Акробаттар мен сайқымазақтардың, қолға үйретілген хайуандардың қатыстырылуымен ойын-сауық көрсететін көпшілік орын.*

**ЦИРКОН**[1] [нем. Zirkon] з а т . г е о л . *Түсі түрлі реңді қоңыр, қызыл сары, сары сұрғылт, алқызыл, қызыл, жасыл, алмаздай, шыныдай жылтыр, қышқыл, сілтілі жыныстарда, қорымдарда ұшырасатын, кіреуке, керамика, кәрлен, отқа төзімді кірпіш пен шыны өндірісінде, цирконий, гафний алуға қолданылатын минерал.*

**ЦИРКОН**[2] з а т . х и м . *Силикаттар класына жататын минерал.*

**ЦИРКУЛЬ** [лат. circulus] з а т . *Шеңбер сызатын, сондай-ақ, чертеждердің ұзындығын өлшейтін екі ашалы аспап.*

**ЦИРКУЛЯР** [нем. Zirkular] з а т . *Белгілі бір мекемелерге қарасты орындарға нұсқау ретінде жоғарыдан берілетін жарлық.*

**ЦИРКУЛЯЦИЯ** [лат. circulatio] з а т . а с т р . *Ауа ағысының не сұйықтықтың белгілі бір түйықтық бойымен айналып тұру жүйесі.*

**ЦИСТА** [грек. kystis] з а т . *Біржасушалы және көпжасушалы жануарлардың (зымырақтар, жұмырқұрттар) уақытша тығыз қабықшамен қапталған тіршілік формасы.*

**ЦИСТАЛАНУ** з а т . *Ағзалардың тығыз қабықша түзуі.*

**ЦИСТЕРНА** [лат. cisterna] з а т . *Вагон, машина үстіне орнатып, сұйықтықты бір орыннан екінші орынға жеткізу не сақтау үшін пайдаланылатын сыйымды, үлкен ыдыс.*

**ЦИТАДЕЛЬ** [франц. citadelle] з а т . ә с к . *Жаудан қорғаныс кезінде паналайтын, дербес тұрғызылған қамал, бекініс.*

**ЦИТАТА** [лат. citatum] з а т . *Белгілі бір шығармадан өзгертпей, сөзбе-сөз алынған үзінді.*

**ЦИТВАР: цитвар жусаны.** ө с . ***Дермене.***

**ЦИТОЗИН** з а т . х и м . *Нуклеин қышқылдарының құрамына кіретін пиримидинді гетероциклді негіз.*

**ЦИТОЛОГ** з а т . *Цитология ғылымының маманы.*

**ЦИТОЛОГИЯ** [грек. kytos – жасуша, logos – ілім] з а т . б и о л . *Жасушаның шығу тегін, дамуын, құрылысын және қызметін зерттейтін ілім.*

**ЦИТОПИКИНДЕР** з а т . б и о л . *Өсімдікті гормондар.*

**ЦИТОПЛАЗМА** [грек. kytos – жасуша, plasma – қалыптасқан] з а т . б и о л . *Ядроны қоршап жатқан жасуша бөлігі.*

**ЦИТОСПОРОЗ** з а т . б о т . *Жеміс ағаштары мен орман ағаштарының құрап қалу ауруы.*

**ЦИТОСТОМ** з а т . *Кебісшелердің жасушалық ауызы.*

**ЦИТОХРОМДАР** [грек. kytos – жасуша, chroma – түс] з а т . б и о л . *Құрамында темірі бар белоктар [Цитохромдардың a, b, c, d түрлері белгілі. Тыныс алу және фотосинтез процесінде электрондар тасымалдау рөлін атқаратын, құрамында гелі бар ферменттер].*

**Цитохромдар жүйесі.** б и о л . *Электрондары флавопротеиндерден ауадағы оттекті тасымалдауға қатысатын, құрамында темір болатын цитохромдар мен цитрохромоксидазалар тізбегі.*

**ЦИТОЭКОЛОГИЯ** з а т . э к о л . *Жасушалардың қоршаған орта жағдайларына бейімделу заңдылықтарын зерттейтін цитология саласы.*

**ЦИТРА** [нем. Zither] з а т . м у з . *Музыка аспабының бір түрі.*

**ЦИТРИН** з а т . х и м . *Минерал, кварцтың сары түсті түрі.*

**ЦИТРУС** [лат. citrus] з а т . б о т . *Қабықтарында эфир майлары болатын лимон, апельсин, мандарин өсімдіктерінің жалпы аты.*

**Цитрус дақылдары.** *Шырынды жемістер беретін мәңгі жасыл өсімдіктердің үлкен тобы [60тан астам түрі, түр тармағы бар. Апельсин, манап, мандарин, лимон көбірек тараған, ал басқалары цитрон, бигарадия, помпельмус, шелдок және т.б аз тараған].*

**ЦИФЕРБЛАТ** [нем. Zifferblatt] з а т . *Сағаттың тілі айналып тұратын цифрлы беті.*

**ЦИФР** з а т . *Сан ұғымын жазуда белгілейтін таңба.*

**ЦИФРЛА=** е т . *Цифрлар қойып белгілеу, нөмірлеу.*

**ЦИФРЛАН=** е т . *Цифрмен белгілену, нөмірлену.*

**ЦИФРЛАНУ** *Цифрлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЦИФРЛАТ=** е т . *Цифрмен жаздырту, белгілету.*

**ЦИФРЛАТУ** *Цифрлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЦИФРЛАУ** *Цифрла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Цифр қою, цифрмен белгілеу, нөмірлеу.* **2.** и н ф . <ағыл. quantization> *Қандай да бір шамаларды өзгерту және алынған мәндерді цифрлық пішінге ауыстыру.*

**ЦИФРЛЫ**[1] с ы н . *Цифрланған, нөмірленген, нөмірі бар.*

**ЦИФРЛЫ**[2]**: цифрлы ақша.** *Электронды ақша.*

**ЦИФРЛЫҚ** з а т . и н ф . <ағыл. digital> **1.** *Арифметикалық сандарды, үздіксіз өзгеретін шамалар аппроксимациясын, логикалық өрнектерді немесе логикалық айнымалыларды ұсыну үшін қандай да бір жолмен цифрлар пайдаланылатын әдіс.* **2.** *Кернеу деңгейі бойынша ақпаратты ұсыну тәсілі.*

**Цифрлық байланыс.** и н ф . <ағыл. digital link> а) *Цифрлық таңбалау ағыны.* ә) *Ақпаратты цифрлық пішінді жеткізу.* **Цифрлық басқару.** и н ф . <ағыл. numerical control> *Жабдықтар мен технологиялық процестерді программаланатын есептеуіш құрылғылар арқылы басқару.* **Цифрлық дыбыс.** и н ф . <ағыл. digital sound> *Компьютер жадына дыбысты сандар тізбегі түрінде жазу әдісі.* **Цифрлық желі.** и н ф . <ағыл. digital network> *Мәліметтердің цифрлық сигналдарымен операция орындайтын мәліметтерді жеткізу желісі.* **Цифрлық жеткізу.** и н ф . <ағыл. digital transmission> *Жеке үздікті импульстер немесе сигналдар деңгейі түрінде кодталған мәліметтер символын жеткізу.* **Цифрлық жобалау.** и н ф . <ағыл. digital desing – logical desing> *Кірісі мен шығысы үздікті айнымалылар сияқты ұсынылған схемалар мен жүйелерді жобалау.* **Цифрлық жүйе.** и н ф . <ағыл. digital system> *Цифрлық (үздікті) сигналдарымен операция орындайтын кез келген жүйе.* **Цифрлық зонд.** и н ф . <ағыл. digital wand> *Штрихталған кодтарды немесе символдарды оқу үшін пайдаланылатын шағын аспап.* **Цифрлық код.** и н ф . <ағыл. numeric cod> *Таңбалар жинағы тек цифрдан тұратын код; символдары ретінде цифрлар алынатын шарттаңба.* **Цифрлық кодтау.** и н ф . <ағыл. digital coding> *Кодталатын хабар цифрлар мен сандар тізбегі түрінде жазылатын кодтау.* **Цифрлық кодтық жинақ.** и н ф . <ағыл. numeric> *Цифрлардан тұратын, сонымен қатар басқару элементтері мен арнайы бедер-белгілер қамтылатын, бірақ, әдетте, әріптер кірмейтін кодтық жинақ.* **Цифрлық коммутация.** и н ф . <ағыл. digital switching> *Мәліметтерді жеткізу желісіндегі цифрлық сигналдарды аналогтық түрге ауыстырмайақ, олармен әртүрлі әрекеттерді (операцияларды) орындау арқылы байланыс орнататын коммутация түрі.* **Цифрлық қолтаңба.** и н ф . <ағыл. digital signature> *Мәліметтердің ұқсастығын және тұтастығын жасақтау үшін хабар соңына қосылатын биттер тіркестігі.* **Цифрлық қосындылауыш.** и н ф . <ағыл. digital adder> *Кірісіне берілген әрі сигналмен ұсынылан екі санның қосындысын қалыптастыратын құрылғы.* **Цифрлық мәліметтер.** и н ф . <ағыл. digital data> *Санаудың белгілі бір жүйесінде үздікті пішінде ұсынылған мәліметтер.* **Цифрлық планшет.** и н ф . <ағыл. digitizing tablet – digitizing pad> *Қаламұш деп аталатын арнайы аспаппен жабдықталған, үстелге орнатылған жазық тақта.* **Цифрлық пішін.** и н ф . <ағыл. digital form> *Ақпаратты цифр түрінде (аналогты пішіннен айырмашылығы) ұсыну және сақтау тәсілі.* **Цифрлық сигнал.** и н ф . <ағыл. digital signal> *Тек екі мәнді, әдетте нөл мен бірді қабылдайтын сигнал; уақыттың кез келген сәтінде кернеу мәні бірнеше (әдетте, екі) деңгейдің біріне сәйкес келетін сигнал.* **Цифрлық сұрыптау.** и н ф . <ағыл. numerical sorting> *Сұрыптау кілті цифрлық кодпен ұсынылатын сұрыптау.* **Цифрлық сүзу.** и н ф . <ағыл. digital filtering> *Цифрлық өңдеу әдістерінің негізінде сигналдарды сүзу.* **Цифрлық схема.** и н ф . <ағыл. digital circuit> *Үздікті сигналдарға назар аударатын және шығуында үздікті сигналдарды тудыратын электрондық схема.* **Цифрлық үлгі.** и н ф . <ағыл. numeric picture> *Цифрлық мәліметтерді сипаттауға арналған үлгі.* **Цифрлық шама.** и н ф . *Дискретті өзгеретін және санмен берілетін шама.* **Цифрлық ЭЕМ.** и н ф . <ағыл. digital computer> *Дискрет шамалармен операция орындайтын компьютер.*

**ЦОКОЛЬ** [итал. zoccolo] з а т . с ә у л е т . *Үйдің, ескерткіштің, колоннаның т.б. заттардың төменгі бөлігі, етек тұсы.*

**ЦУКАТ** [польск. cukaty] з а т . т а м а қ . *Жемістің (лимон, апельсин, қауын және т.б.) қантты қабығы немесе қантты жеміс.*

**ЦУНАМИ** [жапон. tsunami] з а т . *Негізінен су астында болатын жер сілкінуден мұхит табанының біраз телімінің жоғары не төмен жылжуы нәтижесінде пайда болатын гравитациялық, аса ұзын теңіз толқындары.*

**ЦЫГАН** з а т . с ө й л . ***Сыған*** *(дүниежүзінің әртүрлі елдерінде көшпелі өмір сүретін үнді тектес халық).*

# Ч

**Ч** з а т . **1.** *Тістің қызыл етіне тіл ұшының келіп тиюінен жасалатын тіл ұшы дыбысы.* **2.** *Қазақ әліпбиіндегі тіл алды қатаң, аффрикат дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп.*

**ЧАПАРАЛЛЬ** [испан. chapparal] з а т . б о т . *Жапырағы түсетін және қатты болып келетін жартылай мәңгі жасыл, субтропикалық белдеуде өсетін, қопалы, көптікенді, бұталы өсімдік түрлері.*

**ЧАРДАШ** [венг. csárdás] з а т . м у з . *Венгр халық биі, сондай-ақ, осы би ырғағында жазылған музыка.*

**ЧАРЛЬСТОН** [ағыл. chrleston] з а т . *Би түрі.*

**ЧАРТ** [ағыл. chart] з а т . э к о н . *Бағаны есепке алу және болжау үшін қолданылатын баға кестелері.*

**ЧАРТЕР** [ағыл. charter] з а т . э к о н . *Көлік құралын немесе оның бір бөлігін белгілі бір мерзімге не бір сапарға жалдау туралы шарт [Онда тараптардың атауы, көлік құралы туралы, жүктің мөлшері туралы деректер, жүк тиелетін және түсірілетін жерлер көрсетіледі, сталийлік уақыт (кемеге жүк тиелуге және одан түсірілуге кететін мерзім), диспач (жүктің мерзімінен бұрын тиеліп, түсірілгені үшін төлем) пен демередж (кеменің сталийлік уақыттан тыс бос тұрғаны үшін төлем) мөлшері туралы мәліметтер қамтылады].*

**ЧАРТЕРЛІК** с ы н . *Чартерге тән.*

**Чартерлік коносамент.** *Чартерлік тасымалда берілетін коносамент.* **Чартерлік шарт.** з а ң . *Әуе кемесімен жалданушы және әуе кемесін жалдаушы арасында жасалатын әуе кемесін жалдау шарты.*

**ЧАРТИЗМ** [ағыл. chartism] з а т . т а р . *XIX ғасырдың 30–50-жылдарында жұмысшы қозғалысының тарихында тұңғыш рет Англияда болған пролетариаттың бұқаралық саяси-революциялық қозғалысы.*

**ЧАРТИНГ** [ағыл. chart] з а т . э к о н . *Нарыққа талдау жасау кезінде жасалған диаграммалар мен кестелер.*

**ЧАРТИСТ** [ағыл. chartists] з а т . т а р . *Чартизм қозғалысына қатысушы.*

**ЧАСТУШКА** ор. з а т . *Орыс халқының ауыз әдебиеті поэзиясындағы екі не төрт тармақтан тұратын, көбіне белгілі бір әуенмен күлдіргі, лирикалық сарында айтылатын әні.*

**ЧАТ** [ағыл. chat] з а т . *Ақпараттық желі арқылы қолданушылар арасындағы шынайы уақытта хат алмасуы.*

**ЧАТТЫҚ** с ы н . *Чатқа қатысты.*

**ЧЕК** [ағыл. cheque] з а т . **1.** *Кассаға ақша төлегенде берілетін талон.* **2.** э к о н . *Қатаң түрде белгіленген нысандағы бағалы қағаз [Онда чек берушінің чекте көрсетілген ақшалай соманы чек ұстаушыға төлеу жөнінде банкке берген өкімі баяндалады].* **3.** з а ң . *Чек берушінің чек ұстаушыға онда көрсетілген соманы төлеу жөнінде банкке ешқандай шарт қойылмаған жазбаша ұкімі бар бағалы қағаз.*

**Чек бланкілері.** э к о н . *Баспаханалық әдіспен дайындалған чек формулярлары [Жалған жасалуына жол бермеу үшін арнаулы қағазға басылып, тізбекті нөмірлер қойылады. Клиенттерге беру үшін чек кітапшаларына түптеледі].* **Чек кітапшасы.** э к о н . *Банк ағымдағы немесе есеп айырысу шотының иесіне беретін чектердің түптелген бланкілері [Чектерді пайдалана отырып, банк клиенті шоттан қажетті соманы алуына, оны қолма-қол ақша түрінде алуына немесе үшінші тұлғалармен чек арқылы тікелей есеп айырысуына болады. Шотқа өкім жасау құралы].*

**ЧЕКА** з а т . т а р . *1917–1921 жылдар арасында елдегі контрреволюциямен, өкіметке қарсы астыртын әрекетпен, алыпсатарлықпен күресу кезінде болған Бүкілроссиялық төтенше комиссияның орысша қысқартылған аты.*

**ЧЕКИСТ** з а т . т а р . *Чеканың қызметкері, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қауіпсіздік органдары қызметкерінің атауы.*

**ЧЕМОДАН** зат. *Жол жүргенде ішіне киім салып, қолға ұстауға ыңғайлап жасалған төрт бұрышты сандықша.*

**ЧЕМПИОН** [ағыл. champion] зат. **1.** спорт. *Спорттық жарыстарда бірінші орынды жеңіп алған спортшы.* **2.** совет. *Сынға түскен бәсекелерде үздік нәтиже көрсетіп, маңдайалды атанған жеңімпаз.*

**ЧЕМПИОНАТ** зат. *Спорттың әр түрінен өткізіліп тұратын республикалық, одақтық, европалық, әлемдік біріншіліктер.*

**ЧЕМПИОНДЫҚ** зат. спорт. *Жарыстарда бірінші орынға ие болған жеңімпаздық атақ.*

**ЧЕРЕПИЦА** зат. *Саз балшықтан немесе цементтен науашық тәрізді етіп құйылып, үй шатырын жабуға пайдаланылатын з а т .*

**ЧЕРКЕС** зат. этн. *Ресей Федерациясындағы Қарашай-Черкес автономиялы облысында тұратын халық.*

**ЧЕРЛИДИНГ** зат. спорт. *Командалар жанкүйерлерінің назарын аудартып, ойынға құмарлығын арттыру мақсатында жарыстың алдында екі қарсылас жақтан түрлі түсті киім киінген қыздар тобы шығып, спорттық би билеп, өнер көрсетіп жарысатын сайыс.*

**ЧЕРТЕЖ** зат. *Құрылыс жобаларының, мәшине бөлшектерінің техникалық суреттерінің қағаз бетіне түсірілген сызық кескіндері.*

**ЧЕСТЬ: честь берді**. әск. сөйл. *Қолды бас киімге тақай ұстап сәлемдесті.*

**ЧЕХ** зат. *Чехияның негізгі тұрғындарын құрайтын батыс славян халқы.*

**ЧЕЧЕН** зат. *Ичкерияда (Шешенстанда) тұратын негізгі тұрғын халық.*

**ЧИЗБУРГЕР** [ағыл. cheese burger] зат. тамақ. *Ірімшігі бар гамбургер.*

**ЧИНОВНИК** зат. сөйл. ***Шенеунік.*** *Патша өкіметі кезіндегі кеңсе қызметкері.*

**ЧИП** [ағыл. chip] зат. *Есептеуіш жүйелерді құру үшін қолданылатын кристаллға орнатылған электронды модуль немесе микросхема.*

**ЧИПС** [ағыл. chips] зат. тамақ. *Жұқалап туралып, майға қуырылған қытырлақ картоп.*

**ЧИПСЕТ** зат. инф. <ағыл. chipset> *Дербес компьютердің ең маңызды құрылғыларының бірі, микропроцессордың микросхемалар жиынтығы.*

**ЧИПТІК** сын. *Чипқа қатысты.*

**ЧУВАШ** зат. *Чуваш Республикасында тұратын негізгі тұрғын халық, ұлт, осы ұлттың өкілі.*

**Чуваш тілі.** лингв. *Чуваш республикасында тұратын негізгі тұрған халықтың тілі, түрлі тілдерінің бірі.*

**ЧУКЧА** зат. *Чукот ұлттық округінде тұратын халық.*

**ЧУМА** зат. *Өкпеден, безден тиетін өте жұқпалы ауру, қатыгез дерт.*

# Ш

**Ш** лингв. *Қазақ әліпбиінің 34-і әрпі және осы әріп таңбалайтын дауыссыз дыбыс.*

**ШАБАҒЫНШЫЛ** сын. *Шапқыншы жау, шабуылшыл.*

**ШАБАДАН** ор. зат. сөйл. ***Сөмке.***

**ШАБАЗ** зат. сөйл. ***Шаһбаз.***

**ШАБАҚ**[1] зат. *Арба дөңгелегінің шеңбері мен күпшекті жалғастырып бекітіп тұратын таяқша тіреуіштер, кегей.*

**ШАБАҚ**[2] зат. *Уылдырықтан шыққан соң өсе бастаған ұсақ, майда балық.*

**Шабақ өрісі.** кәс. *Каспий теңізінде, Еділдің төменгі сағасында жайын балықтың уылдырық шашатын орны, жері.* **Шабақ тоғаны.** кәс. *Жас шабақ балық өсіру үшін арнайы жасалған, суға толы тоған, арық.*

**ШАБАҚТА=** ет. **1.** *Денедегі ісікті, етті т.б. өткір пышақ ұшымен, біз немесе инемен шанышқылап іріңді, арам қанды шығару, піспектеу.* **2.** *Тілгілеу, кескілеу.* **3.** *Ұйысқан жүнді, мақтаны сабаумен жайлап сабап, көпсіту.* **4.** *Киіз басарда басылатын жүнді шиге сабаумен жұқалап жаймалап реттеу.* **5.** ауыс. *Біреудің намысына тие түйрелеу, қақтығысу.*

**ШАБАҚТАЛ**[1]**=** ет. *Түйрелу, шаншылу, ілігу.*

**ШАБАҚТАЛ**[2]**=** ет. *Киіз басарда жүннің жаймаланып төселуі, реттелуі.*

**ШАБАҚТАЛУ** *Шабақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАҚТАС=** ет. *Жүнді жаймаласу, сабаумен сабасып көпсіту.*

**ШАБАҚТАТ=** ет. *Шанышқылату, піспектету.*

**ШАБАҚТАТУ** *Шабақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАҚТАУ** *Шабақта етістігінің қимыл атауы. Шабақтап жаймалау.*

**ШАБАҚТЫ**[1] сын. *Шарбақты, шыбықтан тоқылған қорапты (арба).*

**ШАБАҚТЫ**[2] сын. *Шабақ балығы көп, мол.*

**ШАБАҚТЫҚ** сын. *Дөңгелектің кегейіне жарамды (ағаш).*

**ШАБАҚША** үст. *Шабақ сияқты, шабақтай етіп.*

**ШАБАЛ** сын. *Әлжуаз, әлсіз.*

**ШАБАЛА** зат. жерг. *Піскен етті, қуырдақты қазаннан сүзіп алатын кепсер.*

**ШАБАЛА=** ет. *Өршелене ұру, абалау.*

**ШАБАЛАҚТА=** ет. **1.** *Қайта-қайта, үсті-үстіне ұру.* **2.** ауыс. *Тосын мінез көрсетіп, біреуге өршелене ұрсу, байбалам салу.*

**ШАБАЛАҚТАУ** *Шабалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАН=** ет. **1.** *Иттің өршелене ұруі.* **2.** ауыс. *Шайпау мінез, ерсі айқай-шу шығару.*

**ШАБАЛАНДЫР=** ет. *Өршелендіру, өршіту.*

**ШАБАЛАНДЫРУ=** ет. *Абаландыру, ұргіздіру.*

**ШАБАЛАНУ** *Шабалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАҢ** зат. **1.** *Иттердің өршеленген ұрісі.* **2.** ауыс. *Шайпау мінез, ерсі сөз.*

**Шабалаң етті**. *Шыжбыңдады, шаптығып қарсы сөз сөйледі.*

**ШАБАЛАҢДА=** ет. **1.** *Иттердің өршелене түсуі, үсті-үстіне арсылдап ұруі.* **2.** ауыс. *Шайпау мінез көрсетіп екілену, шаптығу, өршелену.*

**ШАБАЛАҢДАС=** ет. *Арсылдасу, ұрісу.*

**ШАБАЛАҢДАСУ** *Шабалаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАҢДАТ=** ет. *Арсылдату, өршелендіріп ұргізу.*

**ШАБАЛАҢДАТУ** *Шабалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАҢДАУ** *Шабалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАТ=** ет. *Шабалаңдату, арсылдату.*

**ШАБАЛАТУ** *Шабалат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАЛАУ** *Шабала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАН** сын. **1.** *Жайбасар, енжар, жалқау.* **2.** *Баяу, жай, сылбыр.*

**Шабан ат.** *Жайбасар, жүрдек емес ат.* **Шабан үйрек бұрын ұшар.** *Өзінің мүшкіл халін білген тез қимылдар, әрекет етер деген мағынада.*

**ШАБАНДА=** ет. **1.** *Ақырындау, баяулау.* **2.** *Сылбыр тарту, жайлау, баяулау.*

**ШАБАНДАН=** ет. *Шабан тарту, сылбырлану, жайбарақаттану.*

**ШАБАНДАТ=** ет. *Баяулату, жайлату.*

**ШАБАНДАТУ** *Шабандат етістігінің қимыл атауы; кешіктіру, кешеуілдету.*

**ШАБАНДАУ**[1] сын. **1.** *Сылбырлау, жалқаулау.* **2.** *Тым баяулау, жайбарақаттау.*

**ШАБАНДАУ**[2] *Шабанда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБАНДОЗ** зат. **1.** *Бәйге атына мініп шабатын, өнерлі (жігіт, бала).* **2.** *Көкпар шабудың шебері (көкпарда жеңіп шығушыларға халық қойған атақ).* **3.** ауыс. *Белгілі бір істің, өнердің хас шебері.*

**Шабандоз жігіт.** *Ат құлағында ойнайтын, қолы қарулы, аса епті, батыл жігіт.*

**ШАБАНДОЗДЫҚ** зат. *Бәйге атына мінуге шеберлік.*

**ШАБАНДОЗША** үст. *Шабандоз сияқты, атқа мықты кісіше.*

**ШАБАНДЫҚ** зат. *Баяу қимылдаушылық, жайбарақаттық, сылбырлық.*

**ШАБАН-ШАЛАҒАЙ** зат. *Шала-шарпы, шала-шардақ.*

**ШАБАН-ШАЛАЙ: шабан-шалай адам.** жерг. *Шама-шарқы кем адам, ат-көліксіз, кедей, кембағал.*

**ШАБАН-ШАРДАҚ** сын. *Арық-тұрық; кедей-кепшік.*

**ШАБАР** зат. сөйл. ***Шабарман.***

**Шабар көбейсін.** *Бәйгеге ат қосқанда, ат жарысында айтылатын тілек.*

**ШАБАРА** зат. жерг. *Тор, темір құрсау.*

**ШАБАРМАН** зат. **1.** көне. *Белгілі бір іс, оқиға жайынан хабар айтатын үлкенді-кішілі ел билеушілерінің тапсырмаларын орындайтын шапқыншы, хабаршы.* **2.** кіт. <франц. courrier> *Кеңсе қағаздарын таситын қызметші немесе осы қызмет түрін көрсететін заңды, жеке тұлға.*

**ШАБАРМАНДЫҚ** зат. *Шабарман міндетін атқарушылық, шабарман болушылық.*

**ШАБАТА** зат. көне. *Жазда жөкеден, талдың қабығынан т.б. тоқылған не тері, былғары сияқты материалдардан құрастырып тіккен жеңіл шәркей; шоқай.*

**ШАБА-ШАБА** үст. *Шапқылай-шапқылай.*

**ШАБДАЛЫ** зат. бот. <лат. persica> **1.** *Қазақстанның оңтүстік өңірінде өсетін жеміс ағашы.* **2.** *Шабдалының домалақ пішінді, жұмсақ, тәтті шырынды.*

**ШАБДАР** сын. **1**. *Сыртқы түгі ақшыл сары, жал-құйрығы бурыл келген, құла-жирен жылқы (ат).* **2.** ауыс. *Шикіл сары, жирен (адам).*

**Шабдар беде.** өс. *Мал азығы ретінде өсірілетін беденің бір түрі [Ғылымда оны парсы бедесі деп те атайды].* **Шабдар бие.** *Жал-құйрығы сарғыш келген құла жирен түсті бие.* **Шабдар сәске.** жерг. *Күндізгі сағаттың он, он бір жарым кезі.*

**ШАБДАРЛАН=** ет. *Сары күрең тарту, қызғылт күңгірттену.*

**ШАБДАРЛАНДЫР=** ет. *Сары күреңдендіру, ала-құлаландыру.*

**ШАБДАРЛАНДЫРУ** *Шабдарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБДАРЛАНУ** *Шабдарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБДАРЛАУ** сын. *Шабдарға ұқсастау, сарқызыл жирендеу.*

**ШАБДАРЛЫ** сын. *Шабдар аты бар, шабдар мінген.*

**ШАБЛОН** [нем. Schablone] зат. **1.** *Біртектес нәрселер жасалатын қалып.* **2.** ауыс. *Ығыр, жауыр болған.*

**ШАБУ**[1] зат. *Киімнің етегіне, қолтығына, ауына ұшкілдеп қиып салынатын қиықша.*

**ШАБУ**[2] *Шап етістігінің қимыл атауы; талау, тонау, ұрлау.*

**ШАБУ**[3] *Шап етістігінің қимыл атауы; жарысу, шапқылау.*

**ШАБУ**[4] *Шап етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өткір құралмен кесіп түсу, шауып жіберу.* **2.** тех. *Металды аспаппен немесе соғу қимылдарын атқаратын қалыптармен бөлу.* **3.** *Металл пластинкаларды, алтын не күмісті былғарыға, ағашқа не темірге жапсыру, орнату.*

**ШАБУЛАН=** ет. *Шабу салыну; тілмешектену, жырымдану.*

**ШАБУЛЫ** сын. *Шабу салынған, ұш бұрыштап тігілген.*

**ШАБУСЫЗ** сын. *Шабу салынбаған, шабуы жоқ.*

**ШАБУШЫ[1]** сын. *Бәйге атына мініп шабатын.*

**ШАБУШЫ[2]** зат. *Шөп, ет шабатын адам.*

**ШАБУШЫЛЫҚ[1]** зат. **1.** *Атқа мініп шапқандық.*

**ШАБУШЫЛЫҚ[2]** зат. *Бір елді шауып алушылық.*

**ШАБУЫЛ** зат. **1.** *Соғыста жауға қарсы қарсыласты жеңуге бағытталған қимыл-әрекет, ұрыс әрекетінің негізгі түрі.* **2.** *Біреуге қарсы іс-әрекет, қимыл.* **3.** *Ары-бері шауып, ат сабылтқандық.* **4.** экон. *Компаниялардың рынокта жетекші орын алу мақсатымен қолданатын баға саясаты.*

**Шабуыл алқабы.** әск. *Бірлестік (құрама, бөлім) жауынгерлік міндеттерін орындаумен байланысты шабуыл жүргізетін, маневр және басқа да қимылдарды жүзеге асыратын шектегі жергілікті жер алқабы.* **Шабуылға [ұрысқа] қамданды.** *Соғысқа, шабуылға дайындалды, әзірленді.* **Шабуыл жасады.** *Атой салды, шабуылға шықты, ұмтылды.* **Шабуыл қарқыны.** әск. *Өз әскерлері және қарсылас жақтың жауынгерлік қабілеті мен санына, қорғаныс сипаты мен жергілікті жер ерекшеліктеріне, дайындыққа, шабуылдың батылдығына т.б. байланысты шабуылдаушы әскердің қозғалу жылдамдығы км/тәуліктен өлшенетін операция ауқымының бірден-бір көрсеткіші.* **Шабуыл сағаты.** әск. *Қарсыластың алдыңғы қорғаныс шебіне танк және мотоатқыштар бөлімшелерінің бір мезгілде шабуылға шығуын қамтамасыз ету мақсатында командирдің алдын ала хабарлайтын уақыты [Шабуылға шығу жөніндегі белгі (сигнал) қарсыластың алдыңғы шебіне танкілер мен мотоатқыштар әскерлерінің сол «сағатта» жетуі ескеріліп беріледі].* **Шабуыл салды.** *Атой берді, шабуылдады.* **Шабуыл шебі**. әск. *Әскердің қарсыласқа қарсы шабуылын бастайтын бөлімше командирі анықтап берген жергілікті жердің белгілі бір бөлігі.*

**ШАБУЫЛДА=** ет. **1.** *Үсті-үстіне шабуылға шығу, тынбастан соғыс салу.* **2.** *Жан-жаққа суыт шапқылау.*

**ШАБУЫЛДАС=** ет. *Бірлесе шабуыл жасасу.*

**ШАБУЫЛДАСУ** *Шабуылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБУЫЛДАТ=** ет. *Жылдамдату, тездету.*

**ШАБУЫЛДАТУ** *Шабуылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБУЫЛДАУ** *Шабуылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБУЫЛДАУШЫ** зат. *Шабуылға шығушы, үсті-үстіне шабуыл жасаушы.*

**ШАБУЫЛДЫ** сын. *Шабуыл салған, атойлаған.*

**Шабуылды ұрыс**. әск. *Қарсыластың қарсы тұратын тактикалық топтарын талқандау және одан әрі іс-қимыл жасауға қолайлы болып табылатын маңызды ауданды (шепті, объектіні) басып алу мақсатында жүргізілетін әскердің тактикалық қимылдарының негізгі түрі [Жеңіске жету үшін оның маңызы өте зор].*

**ШАБУЫЛШЫ** зат. **1.** *Жау шебіне шабуыл жасаушы.* **2.** спорт. *Шабуыл жасайтын ойыншы.*

**ШАБЫҚ[1]** зат. кәс. *Мақта, бау-бақша өсімдіктерінің түбін қопсыту, босату жұмысы.*

**ШАБЫҚ[2]** зат. көне. *Шақпақ тас, шар тас.*

**ШАБЫҚТА=** ет. кәс. *Өсімдік түбінде өскен арамшөпті отау, топырақты босату, қопсыту.*

**ШАБЫҚТАЛ=** ет. кәс. *Өсімдіктің оталуы, түбінің қопсытылуы.*

**ШАБЫҚТАЛУ** *Шабықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫҚТАТ=** ет. кәс. *Өсімдік түбін босату, қопсыту.*

**ШАБЫҚТАТУ** *Шабықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫҚТАУ** *Шабықта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫҚТАУШЫ** зат. кәс. *Шабықтау ісін істеуші; шабықшы.*

**ШАБЫҚТАУЫШ** зат. кәс. *Мәдени өсімдіктердің түбін қопсыту, босату үшін жасалған құрал.*

**ШАБЫҚШЫ** зат. кәс. *Өсімдік түптерін босатып, қопсыту жұмысын атқарушы, арам шөпті отаушы.*

**ШАБЫЛ[1]=** ет. **1.** *Орылу.* **2.** *Қазылу, шабылып тазалану.* **3.** *Кесілу, жұлыну, үзілу.*

**ШАБЫЛ[2]=** ет. **1.** ауыс. *Шабысқа, жарысқа түсу.* **2.** *Әуре-сарсаңға түсу, сабылу.*

**ШАБЫЛУ** *Шабыл етістігінің қимыл атауы; кесілу, орылу.*

**ШАБЫЛЫП-ШАНШЫЛ=** ет. *Жан-тәнімен кірісу, жанталасу.*

**ШАБЫЛЫС** зат. *Әрі-бері шапқылаған жүріс.*

**ШАБЫН** зат. сөйл. ***Шабындық.***

**ШАБЫН[1]=** ет. *Буырқанып-бұрсану, өршелену, қатты қайрат көрсетіп долдану, шамырқану, шабалану.*

**ШАБЫН[2]=** ет. *Моншада ыстық буға қыздырылып, сыбыртқымен сабалану.*

**ШАБЫНДЫ[1]** зат. **1.** *Шөбі шүйгін өскен шабындық жер.* **2.** *Шөбі не егіні шабылып алынған жер, егіндік, егінжай.*

**ШАБЫНДЫ[2]** зат. көне. *Жауласқан елдер арасындағы шапқыншылық, бітіспес жаугершілік.*

**ШАБЫНДЫҚ[1]** зат. *Шөбі шүйгін, қау өскен пішендік; шабындық жер.*

**ШАБЫНДЫҚ[2]** зат. *Шапқыншылық, жаугершілік.*

**ШАБЫНДЫР=** ет. *Өршелендіру, шамырқандыру, долдандыру.*

**ШАБЫНДЫРУ** *Шабындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫНТ=** ет. *Өршеленту, долданту, шамырқанту.*

**ШАБЫНТУ** *Шабынт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫНУ[1]** *Шабын[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫНУ[2]** *Шабын[2] етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫНШЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Шапқыншылық.***

**ШАБЫНЫС=** ет. *Бір-біріне бата алмай тайталасу.*

**ШАБЫНЫСУ** *Шабыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫР[1]** зат. *Ағаш пен бұтасы, өсімдігі сиректеу өскен жер.*

**Ала шабыр.** *Ала-құла, ойдым-ойдым, селдір, сирек.* **Ала шабыр бұлт.** *Сирек, шарбы бұлт.*

**ШАБЫР[2]** зат. бот. *Өзен-көлде өсетін балдыр.*

**ШАБЫРА[1]** зат. *Ешкі терісінен иленген былғары.*

**ШАБЫРА[2]** зат. жерг. *Қар тоқтататын бөгесін, қалқа.*

**ШАБЫРА[3]** зат. жерг. *Күрке, қос.*

**ШАБЫРҚАН=** ет. *Бұрқану, бұрсану, шабыну.*

**ШАБЫРҚАНУ** *Шабырқан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫРЛАН=** ет. *Бұлттану, бұлт қаптау.*

**ШАБЫРЛАНУ** *Шабырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫРЛЫ** сын. *Сирек-сирек, ала-құла.*

**ШАБЫРТ** зат. көне. ***Шабыт.***

**ШАБЫС[1]** зат. **1.** *Аттың қосаяқтап қатты шапқан күйі.* **2.** *Аттың бағын сынайтын, бәйгеге қосатын думанды жер.* **3.** ауыс. *Екпін, қарқын.* **4.** ауыс. *Сабылыс, әрі-бері жүріс.*

**Шабыс қосты.** *Шабысы қызды, үдеді.* **Шабысы бұзылды.** *Жүйріктігінен айырылды.* **Шабысынан тайған жоқ.** *Қауһар-күші азаймады, әлі сол қалпында.*

**ШАБЫС[2]** зат. *Шөп шабатын жер, шабындық.*

**ШАБЫС[3]** зат. *Жауласқан екі ел арасындағы бүліншілік, соғыс, шабынды.*

**ШАБЫС[1]=** ет. *Жан аямай соғысу, шайқасу.* **2.** *Айтысып-тартысу, жан алып, жан берісу, кескілесу.*

**ШАБЫС[2]=** ет. *Шапқыласу, жарысу.*

**ШАБЫСКЕР** зат. *Бәйгі атына мініп, жақсы шабатын; шабандоз.*

**ШАБЫСТАУЫШ** зат. *Мәдени өсімдіктердің түбін босату, қопсыту үшін жасалған құрал.*

**ШАБЫСТЫ** сын. *Шабысқа төзімді, шыдамды (ат).*

**ШАБЫСТЫР=** ет. *Жауластыру, соғыстыру, таластыру.*

**ШАБЫСТЫРУ** *Шабыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫСУ** *Шабыс етістігінің қимыл атауы; соғысу, шайқасу.*

**ШАБЫТ** зат. *Адамның көңіл-күйінің ерекше ықыласты, әсерлі сәті.*

**Шабыт берді.** *Қуат берді, жігерлендірді, демеді.* **Шабыт буды.** *Шабыт кернеді, бір іске зауқы соқты.* **Шабыт келді.** *Қанаттанды, бір істі орындауға ерекше ықыласы оянды, шығармашылығы оянды.* **Шабыт көседі.** *Шабыт шақырды, шабыттанды.* **Шабытқа қозғау салды**. *Бір істі орындауға итермеледі, шығармашылығын оятты.* **Шабытқа мінді.** *Шабыттанды, жігерленді.*

**ШАБЫТСЫЗ** сын. *Қабілетсіз, қайрат-жігерсіз.*

**ШАБЫТСЫЗДЫҚ** зат. *Шабыты жоқтық, шабыты келмегендік.*

**ШАБЫТТАН=** ет. *Қандай да бір істі орындау, атқаруда адамның көңіл күйінің, ынта-жігерінің арта түсуі.*

**ШАБЫТТАНДЫР=** ет. *Ынталандыру, жігерлендіру, шабытты артыра түсу, қуаттандыру.*

**ШАБЫТТАНДЫРУ** *Шабыттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫТТАНУ** *Шабыттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАБЫТТЫ** сын. *Шабыты жоғары, жігерлі, серпінді, қарқынды.*

**ШАБЫТТЫЛЫҚ** зат. *Шабыты келгендік, құлшынып тұрғандық.*

**ШАҒАЛ** зат. *Өлексемен қоректенетін қасқыр тұқымдас жыртқыш аң.*

**ШАҒАЛА** зат. **1.** *Балықпен қоректенетін ақ түсті, суда тіршілік ететін су құсы.* **2.** зоол. <лат. larus> *Татреңтәрізділер отряды, шағала тұқымдасына жататын құс туысы.*

**ШАҒАЛАДАЙ** сын. *Шаңқиған аппақ.*

**ШАҒАЛАЛЫ** сын. *Шағаласы көп, шағаласы қалың.*

**ШАҒАЛАША** үст. *Шағала сияқты, шағала тәрізді.*

**ШАҒАЛДАҚ** зат. жерг. *Жүгерінің собығынан дәнін үзіп алғанда ортасында қалатын өзегі.*

**ШАҒАН[1]** зат. бот. <лат. fraxinus> *Зәйтүн тұқымдасына жататын, жапырағы түсетін ағаш.*

**ШАҒАН[2]** сын. *Шаңқан, мүлдем ақ.*

**ШАҒАТАЙ**: **шағатай тілі**. *Орта Азия мен оның төңірегіндегі аймақтарда (бұрынғы Шағатай ұлысында) 15–16 ғ-ларда классикалық тіл ретінде қалыптасып дамыған, ортағасырлық түркі жазба әдеби тілі.*

**ШАҒАТАЙША** үст. *Шағатай тілінде, шағатай сөзі үлгісінде.*

**ШАҒАТАЙШЫЛАП** үст. *Шағатай тілінде сөйлеп.*

**ШАҒИ** зат. *Жұқалаң жұмсақ және таза мата.*

**Шағи бешпет**. этн. *Жұқа, жұмсақ матадан тігілген жеңіл жеңсіз кеудеше.*

**ШАҒУ[1]** *Шақ[1] етістігінің қимыл атауы; сындыру, ұсату.*

**ШАҒУ[2]** *Шақ[2] етістігінің қимыл атауы; тістеу, талау.*

**ШАҒУ[3]** *Шақ[3] етістігінің қимыл атауы; мөлшерлеу, салыстыру.*

**ШАҒЫЛ[1]** зат. **1.** *Белес-белес, жота-жота боп үйіліп қалған құм.* **2.** *Ұсақталған қиыршық тас.* **3.** *Күнгейде ұсақ-ұсақ қорым тас, соған ұқсас ағаштың ақ сөңке боп кепкен түрі.* **4.** геогр. *Құмды шөл және шөлейт жерлерде жел әрекетінен пайда болатын ысырынды құм төбелері, жер бедерінің пішіні.*

**Шағыл мысығы.** з о о л . <лат. felis margarita> *Мысықтәрізділерге жататын түр.*

**ШАҒЫЛ**[2] с ы н . **1.** *Ашық, шаңқан, жарқыраған күн.* **2.** *Ақ, аппақ.*

**ШАҒЫЛ[1]=** е т . *Сыну, қирау.*

**ШАҒЫЛ[2]=** е т . *Жәндікке талану, тістелу.*

**ШАҒЫЛ[3]=** е т . *Жалт-жұлт етіп жарқылдап сәуле түсу; тегіс жалтыр бетке сәуленің шағылысуы.*

**ШАҒЫЛДАН=** е т . *Шағылға айналу. Шағыл құм бола бастау.*

**ШАҒЫЛДАНУ** *Шағылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫЛДЫ** с ы н . **1.** *Шағылы көп, шағыл құмы бар.* **2.** г е о г р . *Барханды, ысырынды құм төбелері бар жер бедеріне қатысты.*

**ШАҒЫЛДЫР[1]=** е т . *Жәндікке талатылу, тістетілу.*

**ШАҒЫЛДЫР[2]=** е т . *Көзді қарықтыру, шағылыстыру.*

**ШАҒЫЛДЫРУ**[1] *Шағылдыр[1] етістігінің қимыл атауы; талатылу.*

**ШАҒЫЛДЫРУ**[2] *Шағылдыр[2] етістігінің қимыл атауы; шағылыстыру.*

**ШАҒЫЛТ=** е т . ***Шағылыстыру.***

**ШАҒЫЛТУ** *Шағылт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫЛУ**[1] *Шағыл етістігінің қимыл атауы; қирау.*

**ШАҒЫЛУ**[2] *Шағыл етістігінің қимыл атауы; жәндікке талану.*

**ШАҒЫЛУ**[3] *Шағыл етістігінің қимыл атауы; әр басқа есептелу.*

**ШАҒЫЛУ**[4] *Шағыл етістігінің қимыл атауы; шағылысу.*

**ШАҒЫЛЫС[1]=** е т . *Малдардың, аңдардың ұрықтану кезі.*

**Шағылыс мүшелері.** *Жыныс мүшелері.* **Шағылыс сәні.** з о о л . *Балықтың, басқа да жануарлардың шағылысу, уылдырық шашу кезінде пішінін өзгертуі.*

**ШАҒЫЛЫС[2]=** е т . *Күн сәулесінің әсерінен бір нәрсенің бетіне сәуле түсу, жарқылдау, жалтылдау.*

**ШАҒЫЛЫСТЫР[1]=** е т . м а л ш а р . *Ұрықтандыру, будандастыру.*

**ШАҒЫЛЫСТЫР[2]=** е т . *Жарқылдату.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРҒЫШ** з а т . ф и з . *Тегіс, жалтыр бетке сәуле түсіру арқылы, сәулені сындырғыш, жарықтандырғыш құрал.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРУ**[1] *Шағылыстыр етістігінің қимыл атауы; ұрықтандыру. // Күйлеген аналық малды аталық малмен табиғи және қолдан ұрықтандыру әдістері.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРУ**[2] *Шағылыстыр етістігінің қимыл атауы; жарық сындыру.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРЫЛ[1]=** е т . *Ұрықтандырылу, будандастырылу.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРЫЛ[2]=** е т . *Сәуле түсірілу, жалтылдатылу.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРЫЛУ**[1] *Шағылыстырыл[1] етістігінің қимыл атауы; ұрықтандырылу.*

**ШАҒЫЛЫСТЫРЫЛУ**[2] *Шағылыстырыл[2] етістігінің қимыл атауы; сәуле түсірілу.*

**ШАҒЫЛЫСУ**[1] *Шағылыс[1] етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫЛЫСУ[2]=** е т . *Шағылыс[2] етістігінің қимыл атауы; жарқылдау.*

**ШАҒЫМ**[1] з а т . **1.** *Біреудің үстінен айтылған наразылық арыз.* **2.** з а ң . *Сот тарапынан кесілген үкімге наразылық ретінде жоғары заң орындарына жазылған өтініш.*

**Шағым арыз.** *Қылмысты адамның кешірім сұрап берген өтініші.* **Шағым қылды [етті, жасады].** *Арызданды, өтініш жасады.* **Шағым кітабы.** р е с м и . *Халыққа қызмет көрсететін мекемелерде болатын қызмет тұтынушылар шағымын жазып қалдыратын қалың дәптер.*

**ШАҒЫМ[2]: бір [бір-екі] шағым қант.** *Бір кесе шайға жететіндей шағылған қатты қанттың мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**ШАҒЫМ[3]: бір шағым қу**. к ө н е . *Шақпақ таспен тұтатқандағы оттық алуға болатындай бір тұтам жапырақ, не қу шөп мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.*

**ШАҒЫМДА=** е т . *Біреудің үстінен шағым айту, арыз жазу.*

**ШАҒЫМДАН=** е т . *Наразылық білдіріп, шағым айту, арыздану.*

**ШАҒЫМДАНУ** *Шағымдан етістігінің қимыл атауы; шағымдану, арыздану.*

**ШАҒЫМДАС=** е т . *Араздасу, таласып-тармасу.*

**ШАҒЫМДАСУ** *Шағымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫМДЫ** с ы н . *Шағып түсетін, дөп келетін, ұтымды, тиімді.*

**ШАҒЫМҚОР** с ы н . *Шағымданғыш, арызқой, жалақор.*

**ШАҒЫМПАЗ** с ы н . *Шағым айтқыш, арызшыл, жалақор.*

**ШАҒЫМШЫ** з а т . *Шағым айтушы, арызшы. // Шағымданғыш, арызқой.*

**ШАҒЫМШЫЛ** с ы н . *Шағым айтқыш, жалақор, пәлеқор.*

**ШАҒЫН** с ы н . **1.** *Кішкентай, ықшам.* **2.** *Аз санды, ортайған.* **3.** *Аз, көп емес.*

**Шағын аймақтағы соғыс.** ә с к . *Бір мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне әсер ететін және оның аумағынан шықпайтын әскери жанжал.* **Шағын алаулы оттық.** т е х . *Жылыту пештері жүйесіндегі газдың тұтыну көлемін үнемдейтін оттық түрі.* **Шағын архитектуралық формалар.** с ә у л е т . *Негізгі құрылысты сыртынан көркейтуді толықтыра түсетін құрылыстар және жабдықтар мен элементтер.* **Шағын аудан.** *Үлкен қала ішіндегі өз инфрақұрылымы бар кішігірім аудан.* **Шағын [кәсіпкерлік] бизнес.** э к о н . *Есқандай монополистік бірлестікке кірмейтін және экономикада монополияға қатысты бағыныштырөл атқаратын жеке меншіктегі ұсақ және орта кәсіпорындардың қабылданған жиынтық атауы.* **Шағын калибрлі винтовка.** з а т . ә с к . *Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мылтық салмағын жеңілдету, оқтың қорын молайту үшін шығарылатын қару.* **Шағын кәсіпорын**. э к о н . *Жұмысшылар саны мен шаруашылық айналымы (өнеркәсіпте өнім көлемі, саудада тауар айналымының көлемі) белгілі бір мөлшерлік өлшеммен шектелетін жаңадан құрылған немесе бұрыннан жұмыс істеп тұрған кәсіпорын.* **Шағын қыран**. с а я т . *Дене тұрқы кішілеу келген, жемтігін теуіп алатын алғыр қыран құстар.* **Шағын литражды автомобиль.** *Қозғалтқыштың көлемі 0,85 л және массасы 700-100 кг жеңіл автокөлік.* **Шағын полигон**. з а т . ә с к . *Артиллериядан атып үйретуге және атуды басқаруға арналған жабық жайдағы немесе жергілікті жердегі имитациялық құрылым.*

**ШАҒЫН=** е т . *Біреуге мұң-мұқтажын айтып шағымдану.*

**ШАҒЫНДА=** е т . *Азайту, кеміту, ықшамдау.*

**ШАҒЫНДАЛ=** е т . **1.** *Ықшамдалу, жинақылану.* **2.** *Азаю, кему, ортаю.*

**ШАҒЫНДАЛУ** *Шағындал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫНДАП** ү с т . *Аздап, көлемін мөлшерлеп.*

**ШАҒЫНДАТ=** е т . *Шағын еткізу, азайту.*

**ШАҒЫНДАТЫП** ү с т . п о э т . *Шағын сияқты сусылдатып, біркелкі жылжытып.*

**ШАҒЫНДАТУ** *Шағындат етістігінің қимыл атауы; азайту.*

**ШАҒЫНДАТЫЛ=** е т . *Азайтылу.*

**ШАҒЫНДАТЫЛУ** *Шағындатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫНДАУ**[1] с ы н . *Кішірек, шамалылау, мардамсыздау.*

**ШАҒЫНДАУ**[2] *Шағында етістігінің қимыл атауы; ықшамдау.*

**ШАҒЫНДЫҚ** з а т . **1.** *Бір нәрсенің көлемі жағынан кішілік, ықшамдылық.* **2.** *Аздық, кемдік.*

**ШАҒЫНУ** *Шағын етістігінің қимыл атауы; шағымдану, арыздану.*

**ШАҒЫНУШЫЛЫҚ** з а т . *Біреудің үстінен шағым айтушылық.*

**ШАҒЫР**[1] с ы н . **1.** *Ағы мен аласы көп, шегір (көз).* **2.** а у ы с . *Мінезі жаман, шәлкем-шалыс.* **3.** а у ы с . *Тарпаң, асау, шайпау.*

**ШАҒЫР**[2] з а т . ө с . *Құмды, шағылды жерлерге өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШАҒЫР**[3] с ы н . *Шағыл, қиыршық, ұсақ (тас).*

**ШАҒЫРАЙ=** е т . с ө й л . ***Шақыраю.***

**ШАҒЫРБИДАЙ** з а т . <лат. melica> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ШАҒЫРБОЯУ** з а т . к ө н е . *Бұқарадан әкелінетін тері бояуы.*

**ШАҒЫРДАН** з а т . ж е р г . **1.** *Тарының бір түрі.* **2.** *Осы шағырдан жасалған арақ.*

**ШАҒЫРЛАУ** с ы н . **1.** *Шегірлеу.* **2.** а у ы с . *Шайпаулау, шәлкестеу.*

**ШАҒЫРЛАН=** е т . с ө й л . *Күн сәулесінің тура түсіп, шақыраюы.*

**ШАҒЫРЛЫ** с ы н . *Шағыр көп өскен, шағыры қалың.*

**ШАҒЫРМА** с ы н . к ө н е . *Жарқыраған, ашық, жарық (жұлдыз).*

**Шағырма жұлдыз, шарт аяз.** э т н . *Сұрапыл, қатты аяз болатын қыстағы амал.*

**ШАҒЫРМАҚ** с ы н . **1.** *Күннің қызуы мол, шуақты кезі.* **2.** а у ы с . *Дәмді, ащы емес.*

**ШАҒЫРМАҚТАН=** е т . *Күннің қызуы көбейіп, шуақты болу.*

**ШАҒЫРМАҚТАНУ** *Шағырмақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫРМАҚТАУ** с ы н . *Күннің қызуы молырақ, шуақтылау.*

**ШАҒЫРТАС** з а т . қ ұ р . *Құрылыс материалы ретіндегі біркелкі таужыныстарын ұсақтау арқылы алынған тас.*

**ШАҒЫРТІКЕН** з а т . ө с . <лат. onopordum> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдік.*

**ШАҒЫРШАЙ** з а т . ө с . *Етжапырақ бадан.*

**ШАҒЫС=** е т . *Мұң-зар айтысып арыздасу.*

**ШАҒЫСТЫР=** е т . *Бір адамды екінші біреуге жамандау, өшіктіру, айдап салу.*

**ШАҒЫСТЫРУ** *Шағыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҒЫСТЫРУШЫ** з а т . *Бір адамды екінші адамға жамандаушы, өшіктіруші, айдап салушы.*

**ШАҒЫСУ** *Шағыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАД** з а т . к ө н е . *Батыс Түрік қағандығындағы жоғары лауазым.*

**ШАДИЯР** з а т . д і н и . *Ислам дінінде рухы мен иманының деңгейі жоғары мұсылмандарға берілетін діни мәртебе.*

**ШАДЛЫҚ** с ө й л . ***Шаттық.***

**ШАДЛАН=** е т . е с к і к і т . ***Шаттану.***

**ШАДЫ** ир. з а т . е с к і к і т . *Шаттық, жайдарылық, көңіл көтеру.*

**ШАДЫМАН** [ир. شادمان ] с ы н . *Шат, шаттыққа толы; көңілді.*

**Шадыман жұрт.** *Көңілді, қуанышты ел.*

**ШАДЫМАНДЫ** с ы н . *Қуанышты, көңілді.*

**ШАДЫР** с ы н . *Күйгелек, тез ашуланшақ, мінезі шайпау, шәлкес, шырт етпе.*

**Шадыр көз**. *Шақырайған, шатынаған көз.* **Шадыр өрелеу.** ж е р г . *Мінер жақ алдыңғы аяқты қамшылар жақ (биеде сауар жақ) (қарама-қарсы) жақтағы артқы аяқты өзара өремен қосақтап байлау, бекіту.*

**ШАДЫРА**[1] [ир. چادر ] з а т . *Жұқа матадан тігілген, шығыс әйелдерінің тәнін жауып тұратын киімі, жамылғы.*

**ШАДЫРА**[2] з а т . ж е р г . **1.** *Жөкеден тоқылған ыдыс.* **2.** *Сирек шыққан шөп.*

**ШАДЫРАЙ=** е т . *Оғаш мінез көрсетіп, көзін адырайту, шақшиту; шатынау.*

**ШАДЫРАЙТ=** е т . *Көзді бадырайту.*

**ШАДЫРАЙТУ** *Шадырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАДЫРАҢ: шадыраң етті**. *Көзін адырайтты, адырая қарады.*

**ШАДЫРАЮ** *Шадырай етістігінің қимыл атауы.*

**ШАДЫРЛАН** ет. *Қиястану, шатынау.*

**ШАДЫРЛАУ** сын. *Мінезі аздап шадыр; шайпаулау, шәлкестеу.*

**ШАДЫРЛЫҚ** зат. *Мінезі шайпаулық, шәлкестік.*

**ШАДЫР-ШӘЛКЕС** сын. *Қырсық-қыңыр, қиқар, шалт етпе, ушқалақ.*

**ШАЖ** елік. *Шыр еткен ащы дауысты (әдетте нәрестенің жылауын) білдіретін сөз.*

**Шаж етті**. *Ащы дауыс шығарды.*

**ШАЖА**[1] сын. **1.** *Қиқар, қырсық, тілазар.* **2.** *Ілмиген арық, нашар.*

**Шажа болды.** *Нәзік, әлсіз, беймаза болды.* **Шажа байтал.** *Ілмиген арық байтал.*

**ШАЖА**[2] зат. *Таудың шынар басын мекендейтін, даусы ащы құс.*

**ШАЖАМАЙ**[1] зат. этн. **1.** *Аяқкиімнің басы мен табанының жапсарына жұлықты бастырып жапсыра тігілген жіңішке көмкерме, сыздық.* **2.** *Кебістің өкшелігі мен ернеуінің арасы.*

**ШАЖАМАЙ**[2] зат. этн. *Малдың ішмайы, шажырқай.*

**ШАЖАМАЙЛЫҚ** зат. *Шажамайға керекті, қажет з а т .*

**ШАЖАР** зат. мед. *Қышыма қотырдың ірің қатпары.*

**ШАЖЫЛДА** ет. **1.** *Быжылдау, шыжылдау.* **2.** ауыс. *Күйіп-пісу, бажылдау, шырылдау.*

**ШАЖЫЛДАТ=** ет. *Шажылдату, быжылдату.*

**ШАЖЫЛДАТУ** *Шажылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЖЫЛДАУ** *Шажылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЖЫРҚАЙ** зат. **1.** *Ішектерді орап тұратын, жұқа шарпы, іш май.* **2.** зат. <лат. mesenterium> *Мезентерий – тірі ағзаның құрсақ қуысындағы мүшелерін бекітіп, бірқалыпты ұстап тұратын сіңір.*

**ШАЙ**[1] зат. **1.** *Мәңгі көгеріп тұратын ауылшаруашылық дақылына айналған сергітетін сусын дайындалатын мәдени өсімдіктің кептірілген жапырағы.* **2.** *Шөл қандыру үшін ішетін, шайдан дайындалған сусын [Қазақтың дәстүрлі дастарқан мәзірінде шай қою, ыстық әрі сүт қатқан түрде басқа да дәммен (қант, қаймақ, талқан, жент, құрт, бауырсақ т.б.) бірге, әдетте ыстық қою тамақтан (еттен) бұрын немесе одан кейін ұсынылады].* **3.** <лат. thea> *Шай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар туысының бір түрі.*

**Шай берді.** *Қонақ қылып күтті, дастарқаннан дәм татқызды.* **Шай бордақтады.** *Шайды қайнатып баптады.* **Шай демдеді.** *Шәйнектегі шайды шығарып, тұндырды, ішуге әзірледі.* **Шай кесе.** *Шай ішетін кішкене, жұқа шыны.* **Шай кеседей.** а) *Үп-үлкен.* ә) *Сүп-сүйкімді, топ-томпақ.* **Шай кесілді.** *Шайдың қызылы сұйылды, шай ағарып кетті.* **Шай қайнады.** *Шай шығарып демдейтін су қайнады.* **Шай қайнатым уақыт.** *Бір шай қайнатым мөлшеріндегі уақытты білдіретін халықтық өлшем.* **Шай қасық**. *Шай ішкенде пайдаланатын кішкентай қасық.* **Шай қойды.** *Шай қайнату қамына кірісті.* **Шай тостаған [кесе].** *Шай ішуге арналған шағын ыдыс (әдетте шыныдан жасалады).* **Шай [жақсы] шықты.** *Шай қызыл болып бықты.*

**ШАЙ**[2] зат. сөйл. ***Шайы*** *(мата).*

**ШАЙ**[3]**: шай десперді**. *Ренжіспеді, көңіл қалдырыспады, тәйт, ей демей, тұс шайыспады.*

**ШАЙ=** ет. **1.** *Сумен жуу, шайқау, тазарту.* **2.** *Қатты аққан ағын судың немесе нөсерлеп жауған жаңбырдың жер қыртысын жуып, қазып кетуі.*

**Шайып суару.** егіншар. *Топырақ құрамындағы артық тұзды кептіру үшін атқарылатын шара.*

**ШАЙБА** [нем. Scheibe] зат. **1.** тех. *Винттің астынан кигізілетін жұқа сақина темір.* **2.** спорт. *Хоккей ойынында қақпаға соғып ойнайтын дөңгелек, қатты резеңке.*

**ШАЙБАЛЫ** сын. спорт. *Шайбамен ойнайтын.*

**Шайбалы хоккей.** спорт. *Мұз үстінде таяқшамен шайбаны ұрып, қақпаға түсіріп ойнайтын хоккей спортының бір түрі.*

**ШАЙ-БУДАН: шай-будан раушангүлдер.** өс. *Ремонтантты раушангүлдерді шай раушангүлдерімен будандастырудың нәтижесінде алынған раушангүл түрі.*

**ШАЙҒЫ** зат. жерг. *Семіз құсты аздап арықтататын жем.*

**ШАЙҒЫЗ=** ет. *Сумен жуғызу.*

**ШАЙҒЫЗДЫР=** ет. *Сумен жуғыздыру.*

**ШАЙҒЫЗДЫРУ** *Шайғыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҒЫЗУ** *Шайғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҒЫЛА=** ет. *Қайта-қайта, үсті-үстіне шаю, тазалау.*

**ШАЙҒЫЛАУ** *Шайғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҒЫНДА=** ет. *Шайғында етістігінің қимыл атауы.*

**Шайғындау талғамдығы.** хим. *Күрделі қопа құрауыштарының шайғындық сипаттамасы.*

**ШАЙҒЫНДАҒЫШ** зат. хим. *Газдық және сұйықтық шайғындауға арналған құрылғы.*

**ШАЙДАЙ** сын. *Бұлтсыз ашық, жарқыраған күн (аспан).*

**Шайдай ашық.** *Бұлтсыз, жауын-шашынсыз (аспан, күн).* **Шайдай ашылды.** *Жадырады, қырысы тарқады.*

**ШАЙДЫР=** ет. *Шайқатып алу, жуындыру.*

**ШАЙДЫРТ=** ет. *Шайқаттыру, жудырту.*

**ШАЙДЫРТУ** *Шайдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙДЫРУ** *Шайдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. rhaponticum> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық көген тамырлы өсімдіктер.*

**ШАЙЖИНАҒЫШ** зат. тех. *Шай өсімдігінің жас жапырағын жинауға арналған құрал.*

**ШАЙКА** зат. сов. *Ұры, банды.*

**ШАЙҚА=** ет. **1.** *Әрлі-берлі ырғап қозғау, тербеу.* **2.** *Сұйық зат құйылған ыдысты, құтыны т.б. ырғау, кір болған затты суға салып әрі-бері бұлғап жуу, шайып тазарту.* **3.** ауыс. *Дүниені судай сапырып, қызық-дәурен сүру, тамашалау.*

**Шайқап өтті.** *Дүниені, ақша-пұлды аямай, шашып-төгіп өтті.* **Шайқап төгіп, үріп ішті.** *Ішкені алдында, ішпегені артында болып өтті.*

**ШАЙҚАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені шайқайтын, шайқай беретін.*

**ШАЙҚАЙНАТЫМ:шайқайнатым уақыт.***Шай қайнатуға кететіндей уақыт ұзақтығын білдіретін білдіретін халықтық өлшем.*

**ШАЙҚАҚ** елік. *Қисаңдаған, шайқалған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шайқақ қақты**. *Ерсілі-қарсылы, әрі-бері теңселіп, шайқақтады.*

**ШАЙҚАҚТА=** ет. **1.** *Шайқалу, теңселу, шайқалаңдау.* **2.** ауыс. *Ешбір жанды өзіне тең көрмей шалқақтау, шірену, менменсу.*

**ШАЙҚАҚТАТҚЫЗ=** ет. *Теңселткізу.*

**ШАЙҚАҚТАТҚЫЗУ** *Шайқақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАҚТАУ** *Шайқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАЛ=** ет. **1.** *Белгілі бір қимылдың әсерінен араласу, шайқалып кету.* **2.** *Әрі, бері теңселу, шайқалаңдап жүру.* **3.** *Тыныш тұрған қалпынан қозғалып кету, тербелу, ырғалу.* **4.** ауыс. *Жақсы қалпынан айырылу, күйзелу.* **5.** ауыс. *Шалқу, жақсы, қиындықсыз өмір кешу.*

**ШАЙҚАЛАҚ** елік. *Шайқалған, қиқаңдаған қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шайқалақ қақты**. *Шайқалаң қақты, шайқаландады.*

**ШАЙҚАЛАҚТА=** ет. *Қайта-қайта шайқалу, теңселу.*

**ШАЙҚАЛАҚТАУ** *Шайқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАЛАҚТАТ=** ет. *Қайта-қайта теңселту, шайқалту.*

**ШАЙҚАЛАҢДА=** ет. *Шайқалақтау, шайқаңдау, теңселу.*

**ШАЙҚАЛАҢДАУ** *Шайқалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАЛҒЫЗ=** ет. *Теңселткізу.*

**ШАЙҚАЛҒЫЗУ** *Шайқалғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАЛДЫР=** ет. *Теңселткізу.*

**ШАЙҚАЛДЫРУ** *Шайқалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАЛТ=** ет. **1.** *Ырғалту, қозғалту.* **2.** ауыс. *Белгілі бір жағдайды, мемлекеттік жүйені өзгерту, күйрету.*

**ШАЙҚАЛТУ** *Шайқалт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ырғалту, қозғалту.* **2.** ауыс. *Белгілі бір жағдайды, мемлекеттік жүйені өзгерту, күйрету.*

**ШАЙҚАЛУ** *Шайқал етістігінің қимыл атауы; қозғалу, теңселу, сілкіну.*

**ШАЙҚАЛЫС** зат. **1.** *Белгілі бір күштің әсерінен болатын қозғалыс, тербеліс, қимыл.* **2.** ауыс. *Саяси іс-әрекетпен байланысты қозғалыс, өзгеріс.*

**ШАЙ-ҚАНТ** зат. *Кәмпит, шай, шекер, қант сияқты шай дәмі.*

**ШАЙҚАҢДА=** ет. *Әрлі-берлі ырғаңдап, шалқақтау.*

**ШАЙҚАҢДАТ=** ет. *Ырғаландату, ырғақтау.*

**ШАЙҚАҢДАТУ** *Шайқаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАҢДАУ** *Шайқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАҢҚЫРА=** ет. *Әрлі-берлі қозғаңқырау, шайқап-шайқап қою.*

**ШАЙҚАҢҚЫРАУ** *Шайқаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАП-ТӨК=** ет. *Төгіп-шашу; кеңшілікте емін-еркін өмір сүру.*

**ШАЙҚАС** зат. **1.** *Жауласқан екі жақтың арасында болатын ұрыс, соғыс, айқас.* **2.** саяси. *Белгілі бір саяси топтар арасындағы айтыс-тартыс, қақтығыс, күрес.* **3.** әск. *Операцияның құрамдас бөлігі, жалпы мақсатпен бірлестірілген, белгілі бір әскер топтастықтарымен (күштерімен) жүргізілетін және бір операциялық тапсырманы орындауға бағытталған негұрлым маңызды және қауырт ұрыстық соққылардың жиынтығы; ұрыстық қимылдардың түрі.*

**ШАЙҚАС=** ет. **1.** *Жаумен алысу, майдан шебінде соғысу.* **2.** ауыс. *Біреумен айтысу, егесу, жанжалдасу.*

**ШАЙҚАСТЫР=** ет. *Айтыстыру, егестіру, жанжалдастыру.*

**ШАЙҚАСТЫРУ** *Шайқастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАСУ** *Шайқас етістігінің қимыл атауы; ұрысу, соғысу.*

**ШАЙҚАТ=** ет. *Қозғалту, тербету.*

**ШАЙҚАТТЫР=** ет. *Ырғату, теңселту.*

**ШАЙҚАТТЫРУ** *Шайқаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАТУ** *Шайқат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙҚАТЫЛ=** ет. *Қозғалту, теңселтілу.*

**ШАЙҚАТЫЛУ** *Ырғатыл, қозғалтылу.*

**ШАЙҚАУ** *Шайқа етістігінің қимыл атауы; ырғап қозғау.*

**ШАЙҚАУШЫ** зат. *Бір нәрсені шайқаған адам.*

**ШАЙҚАУЫШ** сын. *Бір нәрсені шайқайтын.*

**ШАЙҚОЙ** сын. ***Шайқор.***

**ШАЙҚОР** сын. *Шайды көп ішетін, шайқұмар.*

**ШАЙҚОРЛАН=** ет. *Шайқұмар болу, шайшыл болу.*

**ШАЙҚОРЛЫҚ** зат. *Шайшылдық, шайқұмарлық.*

**ШАЙҚУРАЙ** зат. өс. <лат. hypericum> *Ұсақ сарғыш гүлді, шөптесін және бұташық өсімдік туысы.*

**Шайқурай тұқымдасы**. бот. <лат. hypericaceae> *Ағаш, бұта, шала бұта, шөптесін өсімдіктер, кейде шырмауық түрінде де өсетін қос жарнақты өсімдіктердің бір тобы.*

**ШАЙҚЫ** зат. **1.** *Сайқы, жұртты күлкіге қарық қылып жүретін қалжыңбас, қуақы, диуана.* **2.** сөйл. ***Шайхы.***

**ШАЙҚЫ-БҮРҚЫ**[1] зат. көне. діни. *Имандылықтың ең жоғары дәрежесіндегі, әулиелердің рухани ұстаз деңгейіндегі рух, биік қасиетті машайық.*

**ШАЙҚЫ-БҮРҚЫ**[2] сын. *Тентек, долы, шәлкес.*

**ШАЙҚЫЛЫҚ** зат. *Қылжақбастық, диуаналық.*

**ШАЙҚЫРЫҚҚЫШ** зат. тех. *Шай өсімдігін шырпып қалыптастыратын құрал.*

**ШАЙЛА**[1] зат. *Төбесін шошайтып тіккен баспана, күрке, қос.*

**ШАЙЛА**[2]**=** ет. *Малдың май басып, семіздіктен тұра алмай қалуы.*

**ШАЙЛА**[3]**=** ет. *Қанғанша шай ішу; шай беру.*

**ШАЙЛАН**[1]**=** ет. *Малдың семіруі, майлануы.*

**Шайланған сиыр.** зат. *Әдеттен тыс қатты семіріп, аяғын зорға алып, жай басатын сиыр.*

**ШАЙЛАН**[2]**=** ет. *Шай ішіп, шайға қану.*

**ШАЙЛАНУ** *Шайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЛАТ**[1]**=** ет. *Малды семірту, қоңдандыру.*

**ШАЙЛАТ**[2]**=** ет. *Шай бергізу, шаймен сыйлау.*

**ШАЙЛАТУ**[1] *Шайлат*[1] *етістігінің қимыл атауы; семірту.*

**ШАЙЛАТУ**[2] *Шайлат*[2] *етістігінің қимыл атауы; шай ішкізу.*

**ШАЙЛАУ**[1] *Шайла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЛАУ**[2] сын. *Шадыр мінезді шайпаулау, ащы тілділеу.*

**ШАЙЛАУ**[3] зат. *Шай ішетін орын, шайхана.*

**ШАЙЛЫ** сын. *Әлді, ауқатты, дәулетті.*

**ШАЙЛЫҒУ** *Шайлық етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЛЫҚ**[1] зат. *Шай-жемін алуға ғана жарар пұл, қаражат.*

**ШАЙЛЫҚ**[2] сын. *Шайға қататын, шайға қосатын; шай қоятын.*

**ШАЙЛЫҚ**[3]**=** ет. *Біреуден тайсалып қаймығу, беті қайту.*

**ШАЙЛЫҚТЫР=** ет. *Бетін қайтару, ығыстыру.*

**ШАЙЛЫҚТЫРУ** *Шайлықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙМА** зат. **1.** *Су шайып, жуып кететін жер.* **2.** *Шайынды, жуғынды.*

**ШАЙМАЛА=** ет. *Қайта-қайта шайқау, екі ыдысқа алмастырып құю.*

**ШАЙМАЛАН=** ет. *Қайта-қайта шайылу, жуылу.*

**ШАЙМАЛАНУ** *Шаймалан етістігінің қимыл атауы.*

**Шаймалану суы.** сушар. *Химиялық құрамы әртүрлі тау жыныстары мен минералдардың жер қойнауынан сүзілуі нәтижесінде пайда болған жер асты сулары.*

**ШАЙМАЛАУ**[1] зат. геол. *Тау-кен ісінде, гидрометаллургияда, химия өнеркәсібінде, қант өндірісінде, т.б. пайдаланылатын, еріткіш пен қатты заттың жеке құраушыларын бөліп алу.*

**ШАЙМАЛАУ**[2] *Шаймала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНА=** ет. **1.** *Ауыздағы асты тістің көмегімен майдалап ұсату.* **2.** *Қатты тістелеу, қыршу.* **3.** ауыс. *Жеу; асау.*

**Шайнап берген ас болмайды.** *Біреудің аузына сөз салғанмен өзі білмесе, түк болмайды деген мағынада.*

**ШАЙНАЛ=** ет. *Шайналып болу.*

**ШАЙНАЛУ** *Шайнал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАМ** зат. *Ауызға салып, шайнап жейтін қою ас, тағам.*

**ШАЙНАМА** зат. **1.** *Шайнап жейтін қою ас, тағам.* **2.** *Арақ, шарап ішкенде дастарқанға қоятын жеңіл тағам.*

**ШАЙНАҢДА=** ет. *Аузы тыным таппай шайнаң-шайнаң ету.*

**ШАЙНАҢДАТ=** ет. *Шайнаң-шайнаң еткізу, қисаңдату.*

**ШАЙНАҢДАТУ** *Шайнаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАҢДАУ** *Шайнаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАС** зат. *Шайнау кезі, шайнау әрекеті.*

**ШАЙНАС=** ет. *Тістесу, алысу, жұлысу.*

**ШАЙНАСТЫР=** ет. *Алыстыру, жұлыстыру, тістестіру.*

**ШАЙНАСТЫРУ** *Шайнастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАСУ** *Тістесу, кіжіністу, азуын батырысу.*

**ШАЙНАТ=** ет. *Тістету, қаптыру.*

**ШАЙНАТТЫР=** ет. **1.** *Тістеттіру, талаттыру.* **2.** ауыс. *Ас ішкізу, тамақтандыру.*

**ШАЙНАТТЫРУ** *Шайнаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАТУ** *Шайнат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНАУ** *Шайна етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙНЕК** зат. *Шай қайнататын (шығаратын) ыдыс; аққұман.*

**ШАЙНЕКТЕЙ** сын. *Шайнек сияқты.*

**ШАЙНЫШҚАҚ** зат. *Күн өтуден болатын ауру.*

**ШАЙПА=** ет. *Жөнді-жосықсыз әркімге бір тиісу.*

**ШАЙ-ПАЙ** зат. сөйл. *Шай т.б. жеңіл тамақ, дәм.*

**ШАЙ-ПАЙЛЫҚ** зат. сөйл. *Ішім-жем, шай-пайға қажет заттар.*

**ШАЙПАУ** сын. *Шадыр мінезді, тілі ащы, ашушаң.*

**Шайпау мінезді [тілді].** *Тілі ащы, мінезі шатақ, шәлкес қылықты адам.* **Шайпау сөз.** *Ашу шақыра айтылған қатқыл сөз.*

**ШАЙПАУЛАН=** ет. *Ашу шақыру, қыңыр-қырсық мінез көрсету.*

**ШАЙПАУЛАУ** сын. *Мінезі шәлкестеу, оғаштау.*

**ШАЙПАУЛЫҚ** зат. *Оғаш мінезділік, шәлкестік.*

**ШАЙ-ПҰЛ** зат. сөйл. *Шай-шапыт, оны-мұны ұсақ жоралғы дүниелер.*

**ШАЙСАНДЫҚ** зат. этн. *Шай әбзелдерін салатын сандық.*

**ШАЙСАУЫТ** зат. *Шай салатын құты.*

**ШАЙ-СУ** зат. *Жеңіл-желпі тамақ, ас-су.*

**Шай-суын ала жүгірді.** *Шын пейілімен қызмет етті, күтті.*

**ШАЙСЫЗ** сын. *Шайдан ада, шайдан кем. // Шай болмаса, шай жоқта.*

**ШАЙТ** од. *Қойды қайтару үшін айтылатын одағай сөз.*

**ШАЙТАЗАРТҚЫШ** зат. тех. *Жиналған шай жапырақтарын сапасыз жапырақтардан бөлектеп тазартатын құрал.*

**ШАЙТАҚТАЙ** зат. жерг. *Аласа ұстел, жозы.*

**ШАЙТАН** [ар. شيطان ] зат. **1.** діни. *Ібіліс, адам баласын аздырып, азғындатушы қара күш иесі, Алла тағалаға қарсы шыққан оттан жаралған бұрынғы пері.* **2.** *Оттан жаратылған, Ібілістің бұйрығын орындаушылар.* **3.** ауыс. *Жын, ұстама. // Оңбаған, Құдай ұрған, соққан.*

**Шайтан [әзәзіл, сайтан] азғырды.** *Жақсыдан айныды, жолдан тайды, бұзылды.* **Шайтан бақыраш.** зат. жерг. *Теңіз жағасындағы молюскалардың қабыршығы (ракушка).* **Шайтан бұзды.** *Жаман іске арандап қалды, шайтанның арбауына түсті.* **Шайтанға ерді.** *Азды, азғындады.* **Шайтан [жын-шайтан] қашады.** діни. *Бойында қасиеті бар діндар адамнан, Құраннан қырсық, бәле алыс жүреді деген мағынада.* **Шайтан қашар бақсы.** миф. *Атақты, күші, мысы басым бақсы.* **Шайтанның асуасына енді.** діни. *Шайтанның азғыруына сенді.* **Шайтанның ойнағы.** *Жын-перінің мекені, жиналатын орны, жері.* **Шайтанның үйірі.** зат. *Шайтанның тобы, серіктесі.* **Шайтан тиек.** зат. жерг. *Домбыраның бас тиегі.* **Шайтан түртті.** *Жын қақты, соқты, жаман жолға арандап қалды.*

**ШАЙТАНАРБА** зат. көне. сөйл. *Велосипед.*

**ШАЙТАНДАЙ** сын. *Шайтан сияқты, шайтан тәрізді.*

**ШАЙТАНДЫҚ** зат. *Шайтанға тәндік, әзәзілдік. // Жаман, теріс, адал емес, харам.*

**ШАЙТАНИ** сын. *Шайтандыққа тән, харам.*

**ШАЙТАНША** үст. *Қолды-аяғы жерге тимей, тез, жылдам.*

**ШАЙТҰЛЫП** зат. этн. **1.** *Кесек, престелген шайды үгітуге, ұсатуға, оны салып сақтайтын дорба. // Шәугім, шәйнек, шәй әбзелі деген мағынада.*

**ШАЙ-ШАБЫТ** зат. жерг. *Шай-пай.*

**ШАЙ-ШАЙЛА=** ет. *Айқайлай дауыс шығарып, қойды қайыру.*

**ШАЙХАНА** зат. *Кейбір Шығыс елдері мәдениетіне тән шай ішетін орын.*

**ШАЙХАНАШЫ** зат. *Шайхана ұстаушы.*

**ШАЙХИСАЛАМ** зат. көне. *Діни дәреже, атақ.*

**ШАЙХЫ** [ар. شيخ ] зат. діни. *Мұсылман дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.*

**ШАЙШӨП** зат. өс. *Жапырағынан шай дайындалатын шөп түрі, шайқурай.*

**ШАЙ-ШАҚПЫТ** зат. сөйл. *Күнделікті ішіп-жемге керекті қант-шай, бал-шекер сияқты заттар.*

**ШАЙШЫЛ** сын. *Шайқұмар, шайға әуес, шайқор.*

**ШАЙШЫЛДАУ** сын. *Шайқұмарлау, шайқорлау.*

**ШАЙЫ** зат. *Үлбіреген, жұқа жібек мата.*

**ШАЙЫЛ=** ет. **1.** *Жуылу, тазару.* **2.** ауыс. *Жойылу, жоғалу, із-түзсіз жоқ болу.*

**ШАЙЫЛДЫР=** ет. *Сумен тазартылу.*

**ШАЙЫЛТ=** ет. *Тазартқызу.*

**ШАЙЫЛТТЫР=** ет. *Сумен тазарттыру.*

**ШАЙЫЛТУ** *Шайылт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫЛУ** *Шайыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫЛЫМДАР** зат. геол. *Беткей мен баурайдағы үгілуге шалынған жыныстардың сазды бөлшектерінің мол түскен жауын-шашын суларымен қанығуы немесе қардың тез еруі нәтижесінде сырғанап жылжуы.*

**ШАЙЫМ** зат. жерг. *Кішкене көлшік, судың шайылған жері.*

**ШАЙЫН=** ет. *Жуыну, сумен құйыну.*

**ШАЙЫНДЫ** сын. *Ыдыс-аяқты жуғаннан соңғы жуынды.*

**ШАЙЫНУ** *Шайын етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫП-ЖУ=** ет. *Жік-жапар болып айыбын жеңілдету, жұмсарту, майпаздау.*

**ШАЙЫП-ЖУУ** *Шайып-жу етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫР**[1] зат. **1.** *Қарағайдың зақымдалған діңінен ағып шығатын жылтыр сарғыштау немесе қоңыр түсті созылмалы сұйық, қатқан соң сағыз түріне түсетін* зат. **2.** *Қойдың жүнінің тұтасып, баттаса желімденген кірі.* **3.** қойшар. *Шуаш, қой терісіндегі май және тері бездерінен бөлінетін тұтқыр* зат. **4.** хим. *Табиғи немесе синтетикалық қатты, кейде өте тұтқыр сұйықтық күйіндегі полимер.*

**Шайыр сасыр.** өс. <лат. ferula schair> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, малазықтық, дәрілік, балды шөптесін өсімдіктің шайырлы түрі.*

**ШАЙЫР[2]** [ар. شاعر] зат. *Түркі халықтарында суырып салма ақын.*

**ШАЙЫР[3]** зат. жерг. *Су толқынымен көл жағасында шығып қалған құм, қиыршық тастар.*

**ШАЙЫРҒАЛ** сын. сөйл. *Не болса соған мән бергіш, қисық, қыңыр.*

**ШАЙЫРҒАЛДАН=** ет. *Шиеленісу, үдей түсу.*

**ШАЙЫРҒАЛДАНУ** *Шайырғалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫРҒАЛДАС=** ет. *Байланысу, айтысып-таласу, шарылдасу.*

**ШАЙЫРҒАЛДАСУ** *Шайырғалдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫРҒАЛДЫҚ** зат. *Ұсақшылдық, қыңырлық.*

**ШАЙЫРЛА=** ет. **1.** *Шайыр жағу, шайырмен ысқылау.* **2.** *Жабыстыру, байланыстыру.* **3.** *Малдың ет алып қоңдануы, семіру.*

**ШАЙЫРЛАН=** ет. **1.** *Шайырмен ысқылану.* **2.** *Тұтасу, ұйысу, тығыздалу.*

**ШАЙЫРЛАНУ** *Шайырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫРЛАУ** *Шайырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЙЫРЛЫ** сын. **1.** *Шайыры бір жерге жиналып тұтасқан, шайыры көп.* **2.** *Сіріленген, тұтасқан, баттасқан майлы (қой жүні).*

**ШАЙЫРЛЫҚ[1]** сын. *Шайырлы болушылық; шайырға тән қасиет.*

**ШАЙЫРЛЫҚ[2]** зат. *Ақындық қабілет.* // *Ақындыққа қатысты.*

**ШАЙЫРШЫҚ** зат. хим. *Изомерлі бір негізді шайырлы қышқылдар мен оларға ілеспелі сабынданбайтын қосылыстардан тұратын қылқан жапырақты ағашты өңдеуде түзілетін қатты өнім.*

**ШАЙЫС=** ет. *Сумен тазаласу, бірге шайқау.*

**ШАЙЫСУ** *Шайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚ[1]** зат. **1.** *Уақыт мезгілі, мезет.* **2.** *Кез, тұс, кезең; дәуір.* **3.** *Сәт, қысқа уақыт аралығы.*

**ШАҚ[2]** сын. *Дәл, лайық, құйып қойғандай.*

**Шақ болды.** *Тура, дәл келді, құйып қойғандай болды.* **Шақ келмеді.** а) *Дәл, тура келмеді, лайық болмады.* ә) *Төтеп бере алмады.*

**ШАҚ[3]** үст. **1.** *Әрең, әзер, зорға.* **2.** *Сәл.*

**Шақ қалды.** *Сәл болғанда бір нәрсеге ұрына, соқтығa жаздады.* **Шақ отыр.** *Зордан, әрең отыр.* **Шақ тұр.** *Зорға ілініп, әрең тұр.*

**ШАҚ[4]** сын. *Қысқа, шағын, сәл, аз.*

**ШАҚ[5]** зат. көне. *Насыбайға құты жасауға, тарақ істеуге пайдаланылатын малдың, арқардың мүйізі, мүйіз.*

**ШАҚ[6]** елік. *Қатты нәрсенің екінші бір нәрсеге соқтығысқанда, шақ етіп тигенде шығатын қысқа қатты дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шақ етті.** а) *Шаңқылдады, шақылдады, қатты дауыс шығарды.* ә) *Бұрқ етіп беттен алды, қарсы сөйледі.*

**ШАҚ[1]=** ет. **1.** *Быт-шыт етіп сындыру, ұсату, қирату.* **2.** ауыс. *Бүлдіру, құрту, жою.*

**ШАҚ[2]=** ет. **1.** *Жәндіктің тістеуі, талауы.* **2.** ауыс. *Біреуді сыртынан жамандау, өсектеу, тіл тигізу.* **3.** ауыс. *Сөзбен тіл тигізу, шаншу, түйреу, жанына, шымбайына т.б. батыру.*

**Шағып алды.** *Өткір тілмен түйреді, жанына батырып сөз айтты.*

**ШАҚ[3]=** ет. *Бір нәрсенің бағасын екінші бір зат құнымен есептеу, мөлшерлеу.*

**ШАҚ[4]=** ет. *Шырпы, сіріңке тұтату, жандыру.*

**ШАҚ[5]=** ет. *Біреуге шағыну, арыздану.*

**ШАҚА[1]** зат. *Жаңа туған нәресте, жас сәби; жүні жетілмеген балапан, төл.* // *Жас, жетілмеген.*

**Шақа бұзау.** *Енесінен жүні жетілмей өте тықыр боп, яғни шала туылған бұзау.*

**ШАҚА[2]** зат. *Ұсақ тиын, қара бақыр.*

**ШАҚА[3]** зат. жерг. *Қаңылтырдан жасалған шелек; бақыр.*

**ШАҚА[4]** зат. жерг. *Арбиған ағаш, қада.*

**ШАҚА[5]** зат. жерг. *Үрім-бұтақ.*

**ШАҚАЙ** зат. жерг. *Жылқының не сиырдың шикі терісінен илемей істелетін аяқкиім, шәркей, шоқай.*

**ШАҚАЛАҚ[1]** зат. жерг. **1.** *Сәби, жас бала.* **2.** кіт. *Эмбрион, әлі жетілмеген құрсақтағы ұрық.*

**ШАҚАЛАҚ[2]** зат. кәс. *Диірменнен шыққан ұнның түсетін жері.*

**ШАҚАР** зат. *Өз үйіріндегі биелерді місе тұтпай, басқа айғырдың бауырындағы үйірін шайнасып жүріп тартып алатын айғыр.* // *Айтқанын істетпей қоймайтын, бірбет.*

**ШАҚАРЛАН=** ет. *Ызалану, қаһарлану.*

**ШАҚАРЛАНУ** *Шақарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚАРЛАУ** сын. *Долылау, ызақорлау.*

**ШАҚАРЛЫҚ** зат. *Ызақорлық, бірбеткейлік.*

**ШАҚАТ[1]** зат. *Қағы кепкен сортаң жер.*

**ШАҚАТТАУ** сын. *Сортаңдау, қатқылдау.*

**ШАҚАТТЫ** сын. *Қағы кепкен, сортаңды, қатқылды.*

**ШАҚИТ** зат. *Қағы кепкен сортаң жер.*

**ШАҚҚА** үст. *Әрең дегенде, зорға.*

**ШАҚҚЫЗ[1]=** ет. **1.** *Қиратқызу.* **2.** *Дәнін алғызып, қабын сындыру.*

**ШАҚҚЫЗ[2]=** ет. *Бас санына есептеу.*

**ШАҚҚЫЗ[3]=** ет. *Тістету, талату.*

**ШАҚҚЫЗ[4]=** ет. *Тұтату.*

**ШАҚҚЫЗ[5]=** ет. *Шағым жасату.*

**ШАҚҚЫЗУ** *Шаққыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚҚЫЛА=** ет. *Қайта-қайта шағу, шаққан үстіне шағу.*

**ШАҚҚЫЛАУ** *Шаққыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚҚЫШ[1]** зат. **1.** *Қант, науат, жаңғақ шағатын құрал.* **2.** *Қатты затты ұсатқыш, ұнтақтағыш, сындырғыш.*

**ШАҚҚЫШ[2]** сын. *Шағып алғыш, тістегіш (жәндік).* // *Шағатын жәндік.*

**ШАҚҚЫШТЫҚ** зат. *Шағып алғыштық, тістегіштік.*

**ШАҚПА[1]** сын. *Қақтықпа, шымшыма (сөз).*

**Шақпа сөз.** зат. *Өткір, әжуа сөз.* **Шақпа тіл [тілді].** *Қыршаңқы өткір сөз.*

**ШАҚПА[2]: шақпа қант.** *Қатты қант.*

**ШАҚПАҚ[1]** зат. *Бір-біріне шағып, от шығару үшін пайдаланылатын тас, оттық.*

**Шақпақ денелі.** *Төртпақ, мығым, сом денелі.* **Шақпақ етті.** *Кесек-кесек, бұлшық етті.*

**ШАҚПАҚ[2]** зат. *Қатты тау жыныстарынан тұратын төрт қырлы болып келетін биік жер бедері бөлігі.*

**ШАҚПАҚ[3]** сын. *Төрт бұрышты, тор көзді.*

**Шақпақ бас.** ***Шақша бас.*** **Шақпақ етті.** *Кесек-кесек, бұлшық етті.* **Шақпақ қант.** *Төрт бұрышты қант.* **Шақпақ салды.** жерг. *Қарбыз-қауынды бұрыштап кесіп, ен салып, дәмін көрді.*

**ШАҚПАҚТА=** ет. *Шақпақ тәрізді етіп, төрт бұрыштап жасау.*

**ШАҚПАҚТАЙ** сын. **1.** *Шақпақтас, оттық сияқты.* **2.** ауыс. *Қатты, тастай, шымыр.*

**ШАҚПАҚТАЛ=** ет. *Торкөзделу, төрт бұрышталу.*

**Шақпақталған мыс.** зат. геол. *Тазартылған қоспасыз мыс.*

**ШАҚПАҚТАЛУ** *Шақпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚПАҚТАН=** ет. *Шақпақ сияқтанып шашырау.*

**ШАҚПАҚТАНУ** *Шақпақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚПАҚТАС[1]** зат. геол. *Әртүрлі кремнийлі тау жыныстарының қазақша жалпы атауы.*

**ШАҚПАҚТАС[2]** зат. көне. ***Шақпақ*** *(оттық).*

**ШАҚПАҚТАУ** *Шақпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚПАҚТЫ** сын. *Төрт бұрышты шақпақ тәрізді.*

**ШАҚПАҚТЫҚ** сын. *Шақпақ боларлық, шақпақ жасауға жарарлық.*

**ШАҚПАҚША** үст. *Шақпақ, оттық тәрізді, шақпаққа ұқсап.*

**ШАҚПАҚШАМ** зат. тех. *Фотоаппараттың жарық беретін құрылғысы (фотовспышка).*

**ШАҚПАТАС** зат. геол. *Ірі сынықты, болбыр шөгінді тау жынысы.*

**ШАҚТАП** үст. *Ретімен, ыңғайына қарай.*

**ШАҚТАЛ=** ет. *Мөлшерлену, шамалану, есептелу.*

**ШАҚТАЛУ** *Шақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚТАС** сын. *Шамалас, шектес.*

**ШАҚТАТ=** ет. *Ыңғайлату, лайықтату.*

**ШАҚТАТТЫР=** ет. *Ыңғайлаттыру, лайықтатқызу.*

**ШАҚТАТУ** *Шақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚТАУ[1]** сын. *Шақ келетін, дәлдеу.*

**ШАҚТАУ[2]** *Шақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚТЫ** шыл. *Сан есімдермен тіркесіп келіп, «жуық», «шамалы» деген мағынаны білдіретін көмекші сөз.*

**ШАҚТЫҚ** зат. **1.** *Көлемі, үлкен-кішілігі жағынан дәл келетіндік.* **2.** лингв. *Етістіктің шақ категориясына тәндік.*

**ШАҚТЫР[1]=** ет. **1.** *Бүлдіру, қираттыру.* **2.** *Жарғызу, бөлгізу.*

**ШАҚТЫР[2]=** ет. *Жәндікке талаттыру, тістеттіру.*

**ШАҚТЫРУ[1]** *Шақтыр[1] етістігінің қимыл атауы; қираттыру.*

**ШАҚТЫРУ[2]** *Шақтыр[2] етістігінің қимыл атауы; талаттыру.*

**ШАҚША** зат. этн. *Сиыр, серке, тау ешкілерінің мүйіздерінен жасалған, насыбай салатын құты.*

**Шақша бас.** *Маңдайы тайқылау кішкене сопақ бас.*

**ШАҚШАДАЙ** сын. *Кішкентай, титімдей.*

**Шақшадай басы шарадай болды.** *Не істерін білмей дал болып абыржыды.*

**ШАҚ-ШАҚ** елік. *Қатты нәрсенің екінші бір қатты затқа соқтыққандағы шығатын қайталама қысқа дыбыс.*

**ШАҚШАҚ** зат. сөйл. ***Шақшақай.***

**ШАҚШАҚАЙ** зат. **1.** *Ескі інді мекендейтін ақшыл сұр түсті торғай.* **2.** <лат. oenanthe> *Сайрауықтар тұқымдасына жататын құстардың туысы.*

**ШАҚШАҚҰНДЫЗ** зат. жерг. *Түсі қызыл қоңыр, сабағы тіп-тік, ұзын өсетін, жапырағының тілімі тоғыз бөлек, майлы өсімдік.*

**ШАҚШАҚТЫ** сын. *Мүйізінде шақысы бар.*

**ШАҚШАЛАУ** сын. *Шақшаға ұқсас, сопақтау.*

**ШАҚШАЛЫ** сын. *Шақша ұстаған, шақшасы бар.*

**Шақшалы күлте.** зат. бот. *Шырын шақшасы бар өсімдік күлтесі.*

**ШАҚШАҢДА=** ет. *Едірендеу, шәңк-шәңк етіп, ерсі мінез көрсету.*

**ШАҚШАҢДАУ** *Шақшаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚ-ШАЛЕКЕЙ** үст. сөйл. *Быт-шыт, күл-талқан.*

**ШАҚШАСЫЗ** сын. *Шақшасы жоқ.*

**ШАҚШИ** ет. **1.** *Күннің шақырайып, шыжып тұруы.* **2.** ауыс. *Ерсі мінез көрсетіп едірею, ақию, ажырaю (адам).*

**ШАҚШИТ=** ет. *Көзін шақырайта қарау.*

**ШАҚШИТҚЫЗ=** ет. *Шақырайтқызу.*

**ШАҚШИТУ** *Шақшит етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚШИЮ** *Шақши етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚ-ШҰҚ** елік. *Тақ-тұқ, тық-тық еткен күрделі дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШАҚЫ** зат. *Қошқар мүйізінің түп жағынан бастап жыл сайын пайда болатын сақина іспеттес дөңгелек сызықтар.*

**ШАҚҰР-ШҰҚЫР** еліk. *Шықыр-шықыр, шақшақ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШАҚЫЛ**[1] зат. *Қатты заттардың бір-біріне тиіп, соқтығысқанынан шығатын дыбыс.*

**ШАҚЫЛ**[2] зат. жерг. *Ай мүйіз; шақша жасайтын ай мүйіз.*

**ШАҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шақ-шұқ ету.* **2.** ауыс. *Шаңқылдап қатты сөйлеу.*

**ШАҚЫЛДАҚ** сын. *Шақылдап қалған, шақар.*

**ШАҚЫЛДАҚ**[1] зат. зоол. <лат. ochotonidae> *Қоянтәрізділер отрядының тұқымдасы.*

**ШАҚЫЛДАҚ**[2] зат. *Диірменнің бидайды тартып, ұн шығаратын тасы.*

**ШАҚЫЛДАҚ**[3] сын. *Даусы шақ-шақ еткен.*

**ШАҚЫЛДАС=** ет. *Шақ-шақ етісу.*

**ШАҚЫЛДАСУ** *Шақылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫЛДАТ=** ет. *Сарт-сұрт еттіру, сартылдату.*

**ШАҚЫЛДАТУ** *Шақылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫЛДАУ** *Шақылда етістігінің қимыл атауы; шақ-шақ ету.*

**ШАҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Шақылдап қалған, шаңқылдақ, қатты сөйлейтін.*

**ШАҚЫЛЫҚТА=** ет. сөйл. *Қайта-қайта шақылдау.*

**ШАҚЫЛЫҚТАУ** *Шақылықта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫР** зат. *Шақ-шақ еткен дыбыс.*

**ШАҚЫР=** ет. **1.** *Басқа жерде тұрған адамды дауыстап, болмаса қол бұлғап кел деу.* **2.** *Құрметтеп, сыйлап бір жерге келтіру, қонақ ету.* **3.** ауыс. *Белгілі бір мақсат-мұратқа үндеу, бір ниетке жұмылдыру.* **4.** ауыс. *Айқайлап дауыс шығару, қышқыру (қораз).*

**Шақырып алды.** *Хабар жіберіп, келтірді.*

**ШАҚЫРАЙ=** ет. **1.** *Күн сәулесінің шаңқиюы, шақшиюы.* **2.** ауыс. *Біреуге ашуланғанда бетіне шатынай қарау, бажыраю.*

**ШАҚЫРАЙТ=** ет. *Бағжиту, бадырайту.*

**ШАҚЫРАЙТУ** *Шақырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРАУЫҚ** зат. көне. сөйл. ***Тауық.***

**ШАҚЫРАЮ** *Шақырай етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРҒАНСУ** *Шақырғансы етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРҒАНСЫ=** ет. *Шақырғандай болу, шақырған сыңай таныту.*

**ШАҚЫРҒЫЗ=** ет. *Кел деп айтқызу немесе ишарат білдірту.*

**ШАҚЫРҒЫЗУ** *Шақырғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРҒЫШ** сын. *Жиі шақыратын, шақырымпаз.*

**ШАҚЫРҒЫШТА=** ет. *Үсті-үстіне, қайта-қайта шақыру.*

**ШАҚЫРҒЫШТАУ** *Шақырғышта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРЛА=** ет. **1.** *Шақыр-шұқыр ету, шықырлау.* **2.** *Сақырлау, сықырлау.*

**ШАҚЫРЛАС=** ет. *Шақұр-шұқыр етісу, сылдыр қағу.*

**ШАҚЫРЛАСУ** *Шақырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРЛАТ=** ет. *Сақырлату, шықырлату, қышырлату.*

**ШАҚЫРЛАТҚЫЗ=** ет. *Шақыр-шақыр еткіздіру.*

**ШАҚЫРЛАТУ** *Шақырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРЛАУ** *Шақырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРТ=** ет. **1.** *Біреуді келтіруге адам жұмсау.* **2.** *Үлкен шараға қатысуға жұмылдыру, келтіру.*

**ШАҚЫРТҚЫ** зат. саят. *Қыран құсты қайтару үшін шақырып үйрететін жем.*

**ШАҚЫРТҚЫЗ=** ет. *Келтірту.*

**ШАҚЫРТҚЫЗУ** *Шақыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРТТЫР=** ет. *Келтіргізу.*

**ШАҚЫРТТЫРУ** *Шақырттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРТУ** *Шақырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРТУШЫ** зат. *Шақырып келуші, шақыртқан адам.*

**ШАҚЫРТЫЛ=** ет. *Келтірілу.*

**ШАҚЫРТЫЛУ** *Шақыртыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРУ**[1] *Шақыр етістігінің қимыл атауы.*

**Шақыру белгілері.** әск. *Бірлестіктердің, құрамалардың, бөлімдердің, бөлімшелердің байланыс тораптары мен байланыс станцияларына, сондай-ақ командирлерге және де басқа лауазымдық тұлғаларға, оларды техникалық, байланыс құралдарымен шақыру барысында шын аттарын қарсыластан жасыру мақсатында берілетін шартты сөзден немесе әріптерден, сандардан құралған тіркестер.* **Шақыру билеті.** *Той, салтанаттарға ресми түрде шақыруға арналған қағаз.* **Шақыру қағазы.** а) ресми. *Бір мекеменің немесе лауазымды тұлғаның шақырылатын жақты белгілі уақытқа келуін сұраған жазбаша хабар.* ә) *Тойға, салтанатты жиынға т.б. қонақ ретінде қатысуды жазбаша хабарлайтын қағаз.*

**ШАҚЫРУ**[2] зат. **1.** *Саяси ұрандар жазылған мата немесе қағаз.* **2.** *Шақыру қағаз.*

**ШАҚЫРУСЫЗ** сын. *Арнайы шақырылмай, өз бетімен.*

**ШАҚЫРУШЫ** зат. *Тойға, жиынға, қонаққа шақырып келуші.*

**ШАҚЫР-ШҰҚЫР** еліk. *Қарш-қарш, қырш-қырш, шықыр-шықыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШАҚЫРЫҚ** зат. зоол. *Шөлейт жерде, құмда тіршілік ететін, балықшы құстармен тұқымдас, сарғыш түсті, бадырақ көз құстар.*

**ШАҚЫРЫЛ=** ет. *Келтірілу.*

**ШАҚЫРЫЛУ** *Шақырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҚЫРЫЛЫМ** зат. кіт. *Кезеңмен немесе белгілі мерзім сайын өткізілетін ресми жиынның кезектісі; белгілі мерзімге сайланған алқалық органның жұмыс кезеңі.*

**ШАҚЫРЫМ** зат. *Бір мың метрге тең қашықтық өлшемі; километр.*

**ШАҚЫРЫМДАЙ** сын. *Бір шақырымға жақын.*

**ШАҚЫРЫМДЫҚ** сын. *Шақырым болатын, шақырымдай.*

**ШАҚЫРЫС=** ет. *Сөзбен немесе ишаратпен кел десу.*

**ШАҚЫРЫСУ** *Шақырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛ**[1] зат. көне. *Қора-қопсы.*

**ШАЛ**[2] зат. қарап. **1.** *Қария, қарт.* **2.** әлеу. *Өз үй-іші шаруасымен айналысатын, әлеумет ісінен сырттай жүретін, бала-шаға қамында өзімен-өзі болған қарт кісі.*

**Шал болды.** *Қартайды, қаусады.*

**ШАЛ**[3] зат. көне. *Боз, ақ.*

**Шал құйрық.** зат. *Жылқының құйрық қылының ақ араласқан, ақшылдау біткен түрі.*

**ШАЛ**[1]**=** ет. **1.** *Күресіп жүрген адамды жығу үшін оның аяғын қағып қалу немесе іштен іліп алу.* **2.** *Арқанды, жіпті қазыққа я ағашқа тартып, орап байлау.* **3.** *Оттың, өрттің бір нәрсені шарпуы; аздап күйдіру.* **4.** ауыс. *Біреуді сөзбен шенеу, кекету-мұқату.*

**Шалып байлау.** *Бір нәрсені ары-бері айналдыра орап бекітетін байлаудың түрі.* **Шалып тігу.** кәс. *Кесте өнерінде бізкестемен тіккен сияқты қос ілмек болып түсетін тігіс түсіру тәсілі.*

**ШАЛ**[2]**=** ет. *Малдың шөп басын жүре жұлып оттауы.*

**ШАЛА**[1] зат. *Оттың толық жанып бітпеген қалдығы.*

**ШАЛА**[2] сын. *Толық емес, жартылай, шалағай.*

**Шала байыды.** а) *Біршама байып қалды.* ә) *Көңілі өсті, толды, масайрады.* **Шала бұта.** бот. *Кейбір белгілері жағынан шөптесін өсімдіктерге ұқсас, бойлары аласа түп-түп болып өсетін өсімдіктер түрі.* **Шала бүлінді.** а) *Қатты ашуланды, бұрқантарқан болды.* ә) *Бәйек болды, жаны қалмады.* **Шала дәулетті.** *Орташа қолды, байлығы аз.* **Шала естілеу болып қалды.** *Кейде есін біліп, кейде білмей қалатын ауруға ұшырады.* **Шала көшпелі.** *Жартылай отырықшы, жартылай көшпелі.* **Шала қазақ.** *Басқа ұлтпен аралас некелі немесе өз ана тілінде шала сөйлейтін, мәдениетінен қол үзе бастаған, үзіп кеткен қазақ.***Шала қалды.** *Толық аяқталмады, бітпеді.* **Шала қарпыған киіздей.** а) *Қонымсыз, үйлесімсіз.* ә) *Бос, болбыр.* **Шала мас.** *Аса қатты масаймаған, ес-түсын білетін мас.* **Шала мейір.** *Ынтасыз, ықыласы аз, пейілі тар.* **Шала молда.** *Оншалық білімі жоқ, діни сауаты төмен молда.* **Шала оқу.** *Үстірт, жарым-жартылай, білгенсіп деген мағынада.* **Шала өткізгішті приборлардағы коллектор.** физ. *Базадан заряд тасушылардың басым бөлігі жиналатын шала өткізгіш прибордың (биполярлы транзистор т.б.) бір бөлігі.* **Шала сауатты**. *Білімі шамалы, сауаты кем.* **Шала түрленіп дамитындар.** зоол. <лат. hemimetamorphosis> *Төменгі сатыдағы қанатсыз жәндіктерге және жоғарғы сатыдағы жәндіктердің бірқатар отрядтарына тән даму жолы.* **Шала туды.** *Айы күні толмай жатып дүниеге келді.* **Шала ұйқы [ұйқысы шала].** *Ұйқысы қанбаған, аз ұйықтаған.* **Шала ұйқылы.** *Ұйқысы қанбаған, дұрыс ұйықтамаған.* **Шала ұйықтады.** *Жөнді ұйықтай алмады, шала ұйқы болды.*

**ШАЛАҒАЙ** сын. *Бастаған істі толық аяқтамайтын олақ, ұқыпсыз.*

**ШАЛА-БҰЛА** үст. сөйл. *Жартылай, шалағай.*

**ШАЛАҒАЙЛАН=** ет. *Шала көріну, жетілмегені біліну.*

**ШАЛАҒАЙЛАНДЫР=** ет. *Шала көрсету.*

**ШАЛАҒАЙЛАНДЫРУ** *Шалағайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛАҒАЙЛАНУ** *Шалағайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛАҒАЙЛАУ** сын. *Шалалау, іске олақтау.*

**ШАЛАҒАЙЛЫҚ** зат. *Іске олақтық, шалалық, үстірттік, атүстілік.*

**ШАЛАҒАТ** сын. *Шалағай, ұқыпсыз.*

**ШАЛА-ДҮМБІЛ** сын. *Шала-шарпы, шалағай.*

**ШАЛА-ДҮМБІЛЕЗ** сын. *Шала-шарпы, шалағай.*

**ШАЛА-ДҮМБІЛЕЗДЕУ** сын. *Шала-шарпылау, шалағайлау.*

**ШАЛА-ЖАНСАР** сын. *Өлі мен тірінің арасында, өлмеші.*

**ШАЛА-ЖАНСАРЛАН=** ет. *Шала-жансар сияқты көріну, өлімсіреу.*

**ШАЛА-ЖАНСАРЛЫҚ** зат. *Әрі-сәрі халде жатқандық; не өлі, не тірі еместік.*

**ШАЛАҚАЗАҚ** сын. *Қазақша дұрыс сөйлей алмайтын.*

**ШАЛАҚҰРСАҚ** сын. *Ашқарақ, ашқарын.*

**ШАЛАЛАУ** сын. *Толық емес, жарым-жартылай, шалағай.*

**ШАЛАЛЫҚ** зат. *Белгілі бір істі ойдағыдай тындырмаушылық, шалағайлық, үстірттік, асығыстық.*

**ШАЛАҢ**[1] зат. *Су түбінде өсетін көпжылдық өсімдік, ұзын-ұзын шөп.*

**ШАЛАҢ**[2] зат. жерг. *Көлде, шалшық, лай суларда болатын кішкене ақ құрт.*

**ШАЛАӨТКІЗГІШТЕР** зат. физ. *Электр өткізгіштігі бойынша металдар мен*

*диэлектриктердің арасынан орын алатын заттар.*

**ШАЛАП** зат. *Айранға су қосып жасаған сұйық сусын.*

**Шалабын шайқады.** *Берекесін кетірді, тыныштығын, татулығын бұзды.*

**ШАЛАПАЙ** сын. сөйл. *Жұмыс істемейтін, сандалбай, бос жүретін жалқау; іссіз, әрекетсіз.*

**ШАЛА-ПҰЛА** үст. *Шала-шарпы, шалағай, атүсті, қалай болса солай.*

**Шала-пұла түсіну.** *Толық емес, жарым-жартылай ұғыну.*

**ШАЛАПТА=** ет. *Шалап жасау, шалап істеу.*

**ШАЛАТІКЕНДІ: шалатікенді сарыбас құрай.** өс. <лат. sisimbrium subspinescens> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктің сирек кездесетін түрі.*

**ШАЛАУ** зат. өс. *Су түбінде ұйысып өсетін, ұсақ жапырақты шөп; шалаң.*

**ШАЛАУЛАН=** ет. жерг. *Балдырлану, шалау басып кету, шалау шығу.*

**ШАЛАУЛАНУ** *Шалаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛАУЛЫ** сын. *Шалау өскен, шалауы көп.*

**ШАЛАШ** зат. *Жеңіл-желпі баспана, қос, күрке.*

**ШАЛА-ШАРПЫ** үст. *Толық емес, жартылай; шала-пұла.*

**Шала-шарпы [кіресілі-шығасылы] есі бар.** *Есі кіресілі-шығасылы.*

**ШАЛА-ШАРПЫЛАУ** үст. *Толық еместеу, шалағайлау.*

**ШАЛАШИРАҚ: шалаширақ балапан.** зоол. *Ұядан жан-жаққа шыға алатын қызылшақа және балапандар арасында өтпелі тип.*

**ШАЛБАР** зат. **1.** көне. *Бұтқа киетін қой не ешкі терісінен тігілген ер адамның бұт киімі.* **2.** *Ер адамға арналатын түрлі матадан тігілген бұт киім.*

**Шалбар бет.** сөйл. *Бет терісі әжім-әжім, қатпар-қатпар адам.*

**ШАЛБАРЛАН=** ет. **1.** *Көйлек-көншектің етегін шалбардың ышқырына салу, тығып қою.* **2.** ауыс. *Қатпарланып, құрысып тұру, әжім басу.*

**ШАЛБАРЛАНУ** *Шалбарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛБАРЛЫ** сын. *Шалбар киген, шалбары бар.*

**ШАЛБАРЛЫҚ** сын. *Шалбар боларлық, шалбарға арналған.*

**ШАЛБАРСЫЗ** сын. *Шалбары жоқ, шалбар кимеген.*

**ШАЛБАР-ШАЛБАР** сын. *Әжім басқан, қатпар-қатпар, қыртыс-қыртыс.*

**ШАЛБАРШАҢ** үст. *Үстінде шалбары ғана бар.*

**ШАЛБАСТАН=** ет. *Бозару, ағару, қыраулану.*

**ШАЛБАСТАНУ** *Шалбастан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛГЕЗ** сын. *Шәлкем-шалыс, қыңыр; шәлкес, қарсы.*

**ШАЛҒАЙ**[1] зат. **1.** *Сырт киімнің қиылысатын алғы тұсы.* **2.** ауыс. *Киімнің етегі.* **3.** ауыс. *Мұрт жебесінің ұш жағы.* **4.** саят. *Қыран құстың керілген қанаты.*

**ШАЛҒАЙ**[2] үст. *Алыс, қашық, қиыр-шет.*

**Шалғайға ұшатын авиация**. әск. *Қарсыластың алыс тылында орналасқан құрлықтағы және теңіздегі маңызды объектілерін жойып жіберуге, істен шығаруға немесе әуеден барлау жүргізуге арналған авиация түрі.* **Шалғайынан ала кетті.** *Жармаса кетті.*

**ШАЛҒАЙЛА**[1]**=** ет. *Бір жерден қашықтап кету, алыстау.*

**ШАЛҒАЙЛА**[2]**=** ет. *Шалғайына жармасу, иектеп алу.*

**ШАЛҒАЙЛАН=** ет. *Алшақтану, алыстау.*

**ШАЛҒАЙЛАНУ** *Шалғайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒАЙЛАТ=** ет. *Алыстату.*

**ШАЛҒАЙЛАТУ** *Шалғайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒАЙЛАУ**[1] *Шалғайла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒАЙЛАУ**[2] сын. *Қашықтау, алысырақ.*

**ШАЛҒАЙЛЫ**[1] сын. *Қашықтау, алшақтау.*

**ШАЛҒАЙЛЫ**[2] сын. *Киімнің етегі үлкенірек, етектілеу.*

**ШАЛҒАЙЛЫҚ**[1] зат. *Қашықтық, алшақтық.*

**Шалғайлық авиация**. әск. *Қарсыластың алыс тылында орналасқан құрлықтағы және теңіздегі маңызды нысандарын жойып жіберуге, істен шығаруға немесе әуеден барлау жүргізуге арналған авиация түрі.* **Шалғайлық басшылық посты**. әск. *Кемедегі артиллериядан атуды басқаратын басшылық пункті.*

**ШАЛҒАЙЛЫҚ**[2] зат. *Мұрттың екі жақ жебелігі.*

**ШАЛҒАЙСЫЗ** сын. *Етексіз, келте.*

**ШАЛҒАЙ-ШАЛЫС** сын. **1.** *Қашық-бұрыс; алыс, алшақ.* **2.** *Қисық-қыңыр, шала-шарпы.*

**ШАЛҒАЙЫРАҚ** сын. *Қашықтау, алысырақ.*

**ШАЛҒАМ** зат. бот. <лат. raphanus sativus> ***Шалқам*** *(бағалы көкөніс ретінде жеуге жарамды бірнеше сорты бар орамжапырақ туысына жататын бір не екі жылдық шөптесін өсімдік).*

**ШАЛҒАЯҚТА=** ет. *Кергу, кесірлену.*

**ШАЛҒАЯҚТАУ** *Шалғаяқта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫ**[1] зат. *Қобыз, скрипканың ішегін тартатын ысқы; қияқ.*

**ШАЛҒЫ**[2] зат. **1.** *Ұзын ағашқа сапталған, жүзі өткір, шөп шабатын ауылшаруашылық құрал.* **2.** *Шөп, егін шабатын ауылшаруашылық мәшинелерінің пышағы.* **3.** саят. *Қыран құстың қанатының шеткі қауырсындары.*

**Шалғыға түсті**. *Шалғыға қақтықты, ұрынды; шалғыға арандады.* **Шалғы орақ.** сөйл. *Шалғы.* **Шалғы салды**. *Егін мен шөпті шаба бастады.* **Шалғы тартты**. *Шалғымен шөп шапты.* **Шалғы темір.** *Шалғы жасалған темір.* **Шалғы түсті**. *Шаба бастады.*

**ШАЛҒЫ**[3] зат. *Мұрттың қиығы, жебесі.*

**ШАЛҒЫ**[4] зат. жерг. *Алжапқыш, белдемше.*

**ШАЛҒЫЗ**[1]**=** ет. *Сойғызу, шалдыру.*

**ШАЛҒЫЗ**[2]**=** ет. *Шөп жегізу, жаю.*

**ШАЛҒЫЗУ** *Шалғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫЛА**[1]**=** ет. **1.** *Шалғымен шөп шабу (ору).* **2.** *Ары-бері сілтеу, оңды-солды сумаңдату.*

**ШАЛҒЫЛА**[2]**=** ет. *Мұрт қиғын тарамдау, жебелеу.*

**ШАЛҒЫЛАУ** *Шалғыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫЛЫ**[1] сын. *Шалғысы бар, шалғы ұстаған.*

**ШАЛҒЫЛЫ**[2] сын. *Мұрт қиығы үлкен, жебелі.*

**ШАЛҒЫЛЫҚ** зат. *Бүркіттің қанаты.*

**ШАЛҒЫН** зат. **1.** *Қалың өскен көкорай биік шөп, шабындық.* **2.** биол. <франц. prairie> *Көпжылдық шөптесін өсімдіктердің, негізінен жеткілікті және артық ылғал жағдайындағы астықтұқымдас және өлеңтұқымдастардың басымдығымен сипатталатын белдемдік және интрабелдемдік өсімдіктер типі.*

**Шалғын баймана.** өс. <лат. cardamina pratensis>. *Баймана туысына жататын шөптесін өсімдік түрі.* **Шалғын көбелегі.** зоол. <лат. loxostege sticticalis> *Қанкөбелек тұқымдасына жататын, қанаттарының өрісі – 18–26 мм, алдыңғысы сұрғылт, қызыл қоңыр қара жолақты, ал артқы қанаттары қоңыр сұрғылт болып келетін көбелек.*

**ШАЛҒЫНДА=** ет. *Шалғынға жайылу.*

**ШАЛҒЫНДАЙ** сын. *Шалғын сияқты, шалғын тәрізді.*

**ШАЛҒЫНДАН=** ет. *Шөптің қалың болып өсуі, шалғынға айналу.*

**ШАЛҒЫНДАНДЫР=** ет. *Шалғынға айналдыру.*

**ШАЛҒЫНДАНДЫРУ** *Шалғындандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫНДАНУ** *Шалғындан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫНДЫ** сын. *Шалғыны мол, шалғын қалың өскен.*

**Шалғынды батпақ.** геогр. <фин. laita>. *Ресейдің (ТМД-ның) солтүстік теңіздерінің көтерілген суы астында қалып, ол қайтқанда құрғайтын ойпаң жағалау.* **Шалғынды жаға.** *Жайылмасы мен аласа жайылма үсті терассалары жақсы дамыған өзеннің аласа жағасы, асимметриялық өзен аңғарының жайпақ беткейі.* **Шалғынды топырақ.** *Табиғи жағдайда ауадан түсетін ылғал мен күн сәулесі жеткілікті, жаз бойы шөп қалың өсетін аймақтарда түзілетін топырақ түрі.*

**ШАЛҒЫНДЫҚ** зат. *Мал азығы дайындалатын шабындық, пішендік жер.*

**Шалғындық дала.** *Жеткілікті ылғалда жақсы өсетін далалық өсімдіктер (шалғынға ауыспалы) түрі.* **Шалғындық қоңырбас.** бот. <лат. poa pratensis> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық тамыр сабақты шөптесін өсімдік.*

**ШАЛҒЫНШЫ**[1] зат. *Айналаны байқап қарайтын барлаушы; шолғыншы.*

**ШАЛҒЫНШЫ**[2] зат. сөйл. *Шөп шабушы, шалғышы.*

**ШАЛҒЫР** сын. *Байқағыш, алғыр, тілі орамды.*

**ШАЛҒЫРЛЫҚ** сын. *Іліп алғыштық, байқағыштық; алғырлық.*

**ШАЛҒЫРТ**[1] зат. *Көзге түскен ақ шел, ноғала.*

**Шалғырт тартты.** *Ағара бастады, бурыл тартты, сарғыштанды.*

**ШАЛҒЫРТ**[2] сын. *Ақшыл, шалғырт тартқан, ақшыл тартқан.*

**ШАЛҒЫРТ**[3] сын. *Шалғыр, алғыр.*

**ШАЛҒЫРТСЫЗ** сын. *Еш қоспасы жоқ, бурыл тартпаған.*

**ШАЛҒЫРТТАН=** ет. *Бурыл тарту, ағару, сарғаю.*

**ШАЛҒЫРТТАНУ** *Шалғырттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҒЫШ**[1] зат. **1.** *Алдыға байлайтын белдемше, алшалғыш.* **2.** кәс. *Балықшылардың алжапқышы.*

**ШАЛҒЫШ**[2] сын. *Күрес, айқас кезінде жығу үшін аяқты шалатын не қағатын айла-әрекеттің шебері.*

**ШАЛҒЫШ**[3] сын. *Алыстан байқағыш қырағы.*

**ШАЛҒЫША** үст. *Шалғы тәрізді, шалғыға ұқсап.*

**ШАЛҒЫШЫ** зат. *Шалғымен шабушы.*

**ШАЛДАЙ** сын. *Шал сияқты, шал тәрізді.*

**ШАЛДАУ** сын. *Қартая бастаған, қартамыс.*

**ШАЛДУАР**[1] зат. жерг. **1.** *Тастан, балшықтан жасалған үсті ашық, аласа мал қора.* Төлді көктемде *ш а л д у а р д а* ұстаймыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Бұзылған, тозған үйлердің лайдан тұрғызған қабырғалары.*

**ШАЛДУАР**[2] сын. *Мінезі шәлкем-шалыс, аусар.*

**Шалдуар мінез.** *Шәлкем-шалыс, аусар мінез.*

**ШАЛДУАРЛА=** ет. *Шәлкем-шалыстық істеу, аусарлану.*

**ШАЛДУАРЛАН=** ет. *Шәлкем-шалыс болу, аусарлану.*

**ШАЛДУАРЛАНУ** *Шалдуарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛДУАРЛАУ**[1] сын. *Мінезі шалыстау, аусарлау.*

**ШАЛДУАРЛАУ**[2] *Шалдуарла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛДУАРЛЫҚ** зат. *Мінездегі шәлкем-шалыстық, аусарлық, бейбастақтық, жүгенсіздік.*

**Шалдуарлық істеді.** *Бұзықтық істеді, тыңдамады.*

**ШАЛДЫҒУ** *Шалдық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әлі құрып, шаршау, болдыру.* **2.** *Науқастану, ауырып қалу.*

**ШАЛДЫҒУШЫ** зат. *Бір нәрсеге шалдыққан адам, кеселге тап болушы.*

**ШАЛДЫҚ**[1] зат. *Шал болушылық, қарттық, кәрілік.*

**ШАЛДЫҚ**[2]**=** ет. **1.** *Әлі құрып шаршау, болдыру.* **2.** ауыс. *Бір жайсыз жағдайға тап болу, күйзелу.*

**ШАЛДЫҚҚЫШ=** ет. *Бір нәрсеге тап болғыш, ұшырағыш.*

**ШАЛДЫҚТЫР=** ет. **1.** *Болдырту, шаршату.* **2.** *Ауру жұқтыру, ауыру.*

**ШАЛДЫҚТЫРУ** *Шалдықтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Болдырту, шаршату.* **2.** *Ауру жұқтыру, кеселге ұшырату.*

**ШАЛДЫР=** ет. **1.** *Өртке ұшырату.* **2.** *Сойдыру, шалғызу.* **3.** ауыс. *Сөзден ұтылу, мүдіру.* **4.** ауыс. *Жаза басу, қателесу.*

**ШАЛДЫР-БҰЛДЫР** сын. *Шұлдірлеген, шала-шарпы.*

**ШАЛДЫРЛА=** ет. *Біріне-бірі қақтығып шалдыр-шалдыр ету.*

**ШАЛДЫРЛАТ=** ет. *Шалдыр-шалдыр еткізу, салдырлату.*

**ШАЛДЫРЛАТУ** *Шалдырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛДЫРТ**[1]**=** ет. *Шалғызу, сойғызу.*

**ШАЛДЫРТ**[2]**=** ет. **1.** *Жұқтыру, тигізу.* **2.** *Ұстатпау, ойына келгенін істетпеу.*

**ШАЛДЫРТУ** *Шалдырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛДЫРУ** *Шалдыр етістігінің қимыл атауы; аттың демін алдыру, отқа жіберу.*

**ШАЛДЫР-ШАЛДЫР** елік. *Шалдырлаған, шалдұр-шұлдыр еткен жағымсыз дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шалдыр-шалдыр сөйледі.** *Әр нәрсені шатыпбұтып, қалай болса солай сөйледі.*

**ШАЛДЫР-ШАТПАҚ** сын. *Қалай болса, солай айтылған мәнсіз мылжың.*

**Шалдыр-шатпаққа айналдырды.** *Мазақ етті, әжуа етті, мылжыңдады.*

**ШАЛДЫР-ШҮЛДЫР** елік. *Шалдырлап, салдыр-сұлдыр етіп шыққан шулы, жағымсыз дыбысты білдіретін сөз.*

**Шалдұр-шұлдыр еткізді.** *Шалдырлатты, салдұр-сұлдыр еткізді.*

**ШАЛЖАЙ=** ет. сөйл. ***Шалжи.***

**ШАЛЖАҚ** сын. *Бетімен кеткен ерке, шолжың.*

**Шалжағына жібермеді.** *Шолжаңдатпады, бетімен жібермеді.* **Шалжақ ауыз.** *Дұрыс жабылмайтын, алқам-салқам.* **Шалжақ ауыз сандық.** *Аузы жабылмайтын, тозығы жеткен сандық.*

**ШАЛЖАҚТА=** ет. *Ойына келгенін істеп шолжыңдау, бетімен кету.*

**ШАЛЖАҚТАУ** *Шалжақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЖАҢДА=** ет. *Асып-тасып шалжақтау, шолжаңдау.*

**ШАЛЖАҢДАТ=** ет. *Шалжақтату, шолжыңдату.*

**ШАЛЖАҢДАТУ** *Шалжаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЖАҢДАУ** *Шалжаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЖАЮ** *Шалжай етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЖИ=** ет. **1.** *Айқара ашылу.* **2.** ауыс. *Емін-еркін, қаннен-қаперсіз жайғасу, шолжию.*

**ШАЛЖИМА** зат. жерг. *Қақпан.*

**ШАЛЖИЮ** *Шалжи етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛИ=** ет. сөйл. ***Шалжи.***

**ШАЛКЕШ** сын. сөйл. ***Шәлкес*** (*мінезі кедір-бұдыр, асау*).

**ШАЛҚА: шалқадан [шалқасынан] құлады [түсті, жатты].** а) *Бетін көкке (төбеге) қаратып құлап түсті, жығылды, жатты.* ә) *Арқасын жерге беріп, жоғары қарап көсіліп жатты.* б) *Жаңа Ай шалқалай туды, Ай орағы артқа қарай еңкіштене жатты.* **Шалқасынан кетті.** *Қатты ашуланды, шамданды.* **Шалқасынан түсірді.** *Мұрттай ұшырды, құлатты.*

**ШАЛҚАҒЫРАҚ** сын. *Түзу, еңкіш емес, шалқақтау.*

**ШАЛҚАЙ=** ет. **1.** *Басты артқа қарай қайқайту.* **2.** ауыс. *Кергу, кесірлену, паңдану.*

**Шалқая берді**. *Көнбеді, өзімсінді, әлдеқандай болды.*

**ШАЛҚАЙМА** сын. *Қайқайған, шалқақ.*

**ШАЛҚАЙТ=** ет. **1.** *Басты артқа қарай қайқайту.* **2.** *Есікті, түндікті барынша аңқайта, айқара ашу.*

**ШАЛҚАЙТУ** *Шалқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАЙЫҢҚЫРА=** ет. *Шалқая түсу, көбірек шалқаю.*

**ШАЛҚАЙЫС=** ет. **1.** *Бастарын артқа қарай қайқайтысу.* **2.** ауыс. *Кергу, паңданысу, әлдеқандай болысу.*

**ШАЛҚАЙЫСУ** *Шалқайыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАҚ** сын. **1.** *Шалқайған, қайқаң.* **2.** ауыс. *Паң, кейкиген.*

**Шаңырағы шалқақ.** поэт. *Кең, қарымды, өрісті.*

**ШАЛҚАҚТА=** ет. **1.** *Ту сыртқа, артқа қарай қайқақтау.* **2.** ауыс. *Кердеңдеу, паңдану, кейкию.* **3.** ауыс. *Дәулетіне масаттану, шалқып тасу.*

**ШАЛҚАҚТАТ=** ет. **1.** *Басын қайқайту.* **2.** ауыс. *Кердеңдету, кергілендіру.*

**ШАЛҚАҚТАТУ** *Шалқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАҚТАУ**[1] сын. *Түзу емес; шалқағырақ.*

**ШАЛҚАҚТАУ**[2] *Шалқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАҚТЫҚ** сын. **1.** *Артқа, ту сыртқа қарай иілушілік, қайқақтық.* **2.** ауыс. *Менмендік, тәкаппарлық, кердеңдік.*

**ШАЛҚАЛА=** ет. **1.** *Ту сыртқа, артқа қарай шалқаю, қайқаю.* **2.** ауыс. *Кердеңдеу, кергілену, паңдану.*

**ШАЛҚАЛАҚТА=** ет. *Ту сыртқа, артқа қарай қайқалақтау.*

**ШАЛҚАЛАҚТАУ** *Шалқалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАЛАН=** ет. *Кергілену, кердеңдеу.*

**ШАЛҚАЛАНУ** *Шалқалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАЛАҢҚЫРА=** ет. *Шалқая түсу, шалқаю.*

**ШАЛҚАЛАҢҚЫРАУ** *Шалқалаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАЛАТ=** ет. **1.** *Арқасымен жатқызу, шалқайту.* **2.** *Айқара ашу.*

**ШАЛҚАЛАТУ** *Шалқалат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАЛАУ** *Шалқала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАМ** зат. өс. <лат. raphanus sativus> *Тамыр түйнекшесі жеуге жарайтын бақша өсімдігі.*

**ШАЛҚАН** зат. **1.** өс. *Тамыр түйнегі жеуге жарайтын, шалқамнан үлкен бақша өсімдігі (репа).* **2.** өс. <лат. brassies rapa> *Шаршыгүлділер тұқымдасының қырыққабат туысына жататын екіжылдық тамыр жемісті өсімдік; көкөніс дақылы.*

**ШАЛҚАҢ** елік. *Шалқалақтаған, қайқаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Шалқаң етті**. а) *Шалқалап кетті, шалқасынан түсті.* ә) *Айқара ашылды.*

**ШАЛҚАҢДА=** ет. **1.** *Артқа, ту сыртына қарай шалқалау.* **2.** ауыс. *Кердеңдеу, кергілену, менменсу.*

**ШАЛҚАҢДАУ** *Шалқаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАР** сын. **1.** *Кең-байтақ, шексіз, шетсіз, үлкен.* **2.** ауыс. *Көл; айдын.* Қайран көктем, **3.** ауыс. *Көп, мол.* **4.** ауыс. *Әл-дәрмен, күш-қуат.*

**Шалқар көл.** поэт. *Көсіліп жатқан ұшы-қиырсыз өзен-көл туралы.* **Шалқар көлдей несібе.** *Асып-тасқан береке, бақ-дәулет.* **Шалқар көңіл.** поэт. *Шат-шадыман көңіл күй.*

**ШАЛҚАР-ШАЛҚАР** сын. *Шексіз-шетсіз, ұшан-теңіз.*

**ШАЛҚАРЛАН=** ет. *Жайылу, кеңею.*

**ШАЛҚАРЛАНУ** *Шалқарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚАРЛАУ** сын. *Ұлылау, үлкенірек, кеңдеу.*

**ШАЛҚАРЛЫҚ** зат. *Ұлылық, үлкендік, кеңдік.*

**ШАЛҚАСЫНАН** үст. *Ту сыртымен, арқа жағымен.*

**Шалқасынан жығылды.** *Арқасымен, шалқалай құлады.* **Шалқасынан түсірді.** *Шалқасынан құлатты, сұлатты.*

**ШАЛҚАЮ** *Шалқай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шалқалақтау, қайқаю.* **2.** ауыс. *Паңдану, кердеңдеу, кейкию.*

**ШАЛҚАЯҚТА=** ет. **1.** *Артқа қарай шалқалақтау, қайқалақтау.* **2.** ауыс. *Кергу, кесірлену.*

**ШАЛҚАЯҚТАУ** *Шалқаяқта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚИ=** ет. сөйл. ***Шалқай.***

**ШАЛҚИТ=** ет. **1.** *Қайқайту, шалқайту.* **2.** *Айқара ашу.*

**ШАЛҚИТУ** *Шалқит етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚИЫС=** ет. *Шалқайысу, шалқалай жатысу.*

**ШАЛҚИЫСУ** *Шалқиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚИЮ** *Шалқи етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚУ** *Шалқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тербелу, толқу.* **2.** ауыс. *Шалықтау, желпіну.*

**ШАЛҚЫ=** ет. **1.** *От жалынының айналаны шарпи ұйтқуы, шарпуы, жайылуы, лаулауы.* **2.** ауыс. *Тербелу, толқу.* **3.** ауыс. *Ырғалу, шайқалу.* **4.** ауыс. *Шарықтау, қалықтау.* **5.** ауыс. *Шалықтау, желпіну.* **6.** ауыс. *Көңілі тасу.* **7.** ауыс. *Мол болу, жер-көкке сыймай асып-тасу.*

**ШАЛҚЫМА** сын. **1.** *Сән-салтанаты мол, асып-тасқан.* **2.** ауыс. *Лепірме, желпінген.*

**ШАЛҚЫМАЛЫ** сын. *Асқақтаған, толқымалы; аумалы-төкпелі.*

**ШАЛҚЫП-ТАСЫ=** ет. *Не кием, не ішем демей, емін-еркін жүру, асып-тасу.*

**ШАЛҚЫП-ТАСУ** *Шалқып-тасы етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚЫТ=** ет. **1.** *Тербелту, толқыту.* **2.** ауыс. *Асқақтату, шарықтату.*

**ШАЛҚЫТҚЫЗ=** ет. *Шарықтату, шалқыту.*

**ШАЛҚЫТҚЫЗУ** *Шалқытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛҚЫТУ** *Шалқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛМА**[1] зат. этн. *Лақтыру әдісімен қашағанды ұстайтын, бір ұшы тұзақталған ұзын жіп, бұғалық.*

**Шалма қосақ.** этн. *Қазық қақпай-ақ арқанның бір ұшынан ілмек жасап, қойларды екі-екіден жұптап, мойнынан арқанды ілмектеп шалып, қарама-қарсы қатарлап тізіп шыққан қосақтың түрі.* **Шалма тастам жер**. этн. *Бұғалық түсе алатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ШАЛМА**[2] зат. діни. *Басқа орайтын ақ мата, сәлде.*

**ШАЛМА**[3] зат. этн. *Уықты байланыстырып тұратын тоқылған енсіз құр.*

**ШАЛМА**[4] зат. ойын. *Екі қолдың он саусағына тартылған жіпті сол қалпынан аудармай, екінші адамның өз саусақтарына көшіретін ойын аты.*

**ШАЛМА**[5] зат. этн. қолөнер. *Жіпті не таспаны ары-бері өткізіп тоқу мен өрудің бір әдісі, осы әдістің аты.*

**Шалма тор.** кәс. *Бекіре, шоқыр, қортпа аулайтын, көзінің кеңдігі 20 см-дей ау.*

**ШАЛМА**[6] зат. жерг. *Қора ішіне қыс бойы мал аяғының астында тапталып жатқан көңді кетпенмен шауып, көшіріп жайып тастаған тезек.*

**ШАЛМА**[7] зат. жерг. *Мойынға орайтын шарф, мойыншалғы.*

**ШАЛМАГЕР** зат. *Қашағанды ұстаушы, шалма лақтыруға шебер (адам).*

**ШАЛМАЛА=** ет. *Орай байлау, шалып тарту.*

**ШАЛМАЛАУ** *Шалмала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛМАН[1]** зат. жерг. *Бөрене, теміржол рельсіне төсейтін жуан ағаш.*

**ШАЛМАН[2]** сын. жерг. *Тентек, бұзық, сотқар.*

**ШАЛМАШЫ** зат. этн. *Қашағанды ұстау үшін шалма лақтыратын адам.*

**ШАЛОРАҚ** зат. жерг. *Шалғы.*

**ШАЛП** елік. *Салмағы бар заттың суға, сұйықтыққа (су, т.б.) түсіп кеткенде күмп етіп шыққан дыбысын бейнелейтін сөз.*

**Шалп етті.** *Су шолп ете қалды, бір нәрсеге соқтығып шашырады.*

**ШАЛПЫ** сын. жерг. *Шайпау, тілі ащы, ұрысқақ.*

**Шалпы тіл.** *Шайпау тілді, тілі ащы.*

**ШАЛПЫЛ** зат. *Судың шалп-шалп еткен дыбысы, шолпыл.*

**ШАЛПЫЛДА=** ет. *Судың шалп-шалп етуі.*

**ШАЛПЫЛДАС=** ет. *Шалп-шалп етісу.*

**ШАЛПЫЛДАСУ** *Шалпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛПЫЛДАТ=** ет. *Шалп-шалп еткізу, күмпілдету.*

**ШАЛПЫЛДАТУ** *Шалпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛПЫЛДАУ** *Шалпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛСЫМАҚ** зат. *Шал орнында жүрген шал-шақпыт.*

**ШАЛТ[1]** үст. *Өте шапшаң, тез. // Шапшаңдық, тездік.*

**ШАЛТ[2]** сын. жерг. *Шат, қуаныш, көңілі көтеріңкі.*

**Шалт мінез.** *Шарт мінез.*

**ШАЛТАЙ-БАЛТАЙ** зат. сөйл. *Керексіз бос сөз, мыжыма.*

**ШАЛТТАП** үст. жерг. *Тездетіп, жылдамдатып, шапшаң.*

**ШАЛТТЫҚ** зат. *Шапшаңдық, тездік.*

**ШАЛТЫРЛА=** ет. *Күн күркіреу, шатырлау.*

**ШАЛТЫРЛАУ** *Шалтырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛУ[1]** зат. жерг. *От жер, малдың өрісі, шөбі шүйгін жер.*

**ШАЛУ[2]** зат. өс. *Суы тартылған жерге шыққан өлең шөп.*

**ШАЛУ[2]** *Шал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛУАТТА=** ет. *Сынап-мінеу, іліп тарту, кеміту.*

**ШАЛУАТТАУ** *Шалуатта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛУШЫ** зат. *Байқағыш, болжағыш адам.*

**ШАЛФЕЙ** [лат. salvia] зат. бот. *Ерінгүлділер тұқымдас көпжылдық шөптер мен жартылай бұталар туысы.*

**ШАЛША** зат. жерг. *Кішкентай алаша.*

**ШАЛ-ШАБАН** зат. сөйл. *Шал-кемпір, шал-шауқан.*

**ШАЛ-ШАБЫР** зат. сөйл. ***Шал-шақпыт.***

**ШАЛ-ШАҚПЫТ** зат. сөйл. *Ауыр жұмысқа жарамайтын шалдар тобы.*

**ШАЛ-ШАПҚЫТ** зат. сөйл. *Шал-шауқан, шал-шақпыт.*

**ШАЛ-ШАПЫР** зат. сөйл. *Шал-шабан, шал-шауқан.*

**ШАЛ-ШАУҚАН** зат. сөйл. ***Шал-шақпыт.***

**ШАЛ-ШАУҚАТ** зат. сөйл. *Шал-шауқан, шал-шапқыт.*

**ШАЛШЫҚ** зат. *Ақпайтын, тартылған саяз су, қақтағы іркінді су.*

**ШАЛШЫҚТАН=** ет. *Судың тартыла бастауы, шалшыққа айналуы.*

**ШАЛШЫҚТАНУ** *Шалшықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛШЫҚТЫ** сын. *Ақпайтан, іркінді сулары мол, шалшығы бар.*

**ШАЛШЫҚШЫ: құртамыш шалшықшы.** зоол. <лат. numenius minutus> *Сирек, таралған аймағы шағын, реликті түр, Сібір эндемигі [Шығыс Сібірде ұялайды, Шығыс Австралия мен Тасманияда қыстайды. Тау және тау бөктеріндегі селдір ормандарды мекендейді].*

**ШАЛЫ[1]** зат. *Қамыс бумасы.*

**ШАЛЫ[2]** зат. жерг. *Қамыстың түбін жерге я қарға көміп жасайтын төбесі ашық мал қора.*

**Шалы қора.** жерг. *Қамыстан салынған қора.*

**ШАЛЫ[3]** зат. кәс. *Өсіп тұрған күріш егістігі, жердің бетінде өсіп тұрған күріш.* **2.** *Қауызынан тазаланбаған күріш дәндері* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

**ШАЛЫҒУ** *Шалық етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫҚ** зат. **1.** *Бас айналып, мең-зең боп ауыратын ұстамалы ауру, елірме.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің көтеріңкі әсері; есірік, желік.*

**Шалығы [шарпуы] тиді.** *Ықпалы, әсері болды.* **Шалық шалды [тиді].** а) *Шалық ауруына ұшырады.* ә) *Ықпалы, әсері болды.*

**ШАЛЫҚ=** ет. **1.** *Шаршау, шалдығу.* **2.** *Отқа шарпылу, күю.*

**ШАЛЫҚТА=** ет. **1.** *Ақылдан адасу, естен айырылу, есіру.* **2.** ауыс. *Жас баланың ұйықтап жатқандағы езу тартып күлуі.* **3.** ауыс. *Көңілдің көтерілуі, шалқу, асып-тасу.* **4.** ауыс. *Шалқақтау, қашқақтау, басын алып қашу.*

**ШАЛЫҚТАМА** зат. мед. *Шалық ауруы.*

**ШАЛЫҚТАН=** ет. **1.** *Шалықтау, шатасу.* **2.** ауыс. *Қуану, шалқу, шаттану.*

**ШАЛЫҚТАТ=** ет. **1.** *Есінен айыру, шатастыру.* **2.** ауыс. *Шарықтату, шалқыту.*

**ШАЛЫҚТАТУ** *Шалықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫҚТАУ** *Шалықта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақылдан адасу, есіру.* **2.** ауыс. *Жас баланың ұйықтап жатып езу тартып күлуі.* **3.** ауыс. *Көңіл көтеру, шалқу, асып-тасу.*

**ШАЛЫҚТЫР=** ет. **1.** *Шалдықтыру, душар ету.* **2.** *Болдыру, шаршату.*

**ШАЛЫҚТЫРУ** *Шалықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫМ** зат. **1.** *Шалып алып, қамтып қалған жер.* **2.** ауыс. *Алыстан болжағыштық, байқағыштық.* **3.** ауыс. *Сенім.*

**Шалымы кең.** *Мүмкіншілігі мол, ауқымы кең.*

**ШАЛЫМДЫ** сын. **1.** *Орап тартқыш; іліп қалғыш, ұстағыш.* **2.** ауыс. *Алыстан байқағыш, көргіш.* **3.** ауыс. *Әр нәрсені сезгіш, аңғарғыш.* **4.** ауыс. *Жүйрік, ұшқыр.*

**ШАЛЫМДЫЛЫҚ** зат. *Ептілік, байқағыштық, аңғарымпаздық.*

**ШАЛЫН=** ет. **1.** *Көзге түсу, көріну.* **2.** ауыс. *Ықпалына ұшырау, әсеріне бөлену.*

**ШАЛЫНАР-ШАЛЫНБАС** үст. *Көрінер-көрінбес, байқалар-байқалмас.*

**ШАЛЫНДЫР=** ет. *Көрсету, көзге түсіру.*

**ШАЛЫНДЫРУ** *Шалындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫНУ** *Шалын етістігінің қимыл атауы; көріну, көзге түсу.*

**ШАЛЫНЫС=** ет. *Соқтығысу, шатасу, шалысу.*

**ШАЛЫНЫСУ** *Шалыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫҢҚЫРА=** ет. *Аздап шалу, шала түсу.*

**ШАЛЫҢҚЫРАУ** *Шалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫС[1]** зат. кәс. *Жіпті не таспаны арыбері өткізіп тоқу.*

**ШАЛЫС[2]** сын. **1.** *Қисық, түзу емес.* **2.** ауыс. *Қырсық, қыңыр.* **3.** ауыс. *Теріс, бұрыс.* **4.** ауыс. *Қиыр, шет, алыс.*

**Шалыс басты.** а) *Қисалаңдап әрең жүрді, тәлтіректеді.* ә) *Қателесті, жаңылды.* **Шалыс ұйқас.** әдеб. *Шумақтың бірінші жолы мен үшінші жолының, екінші жолы мен төртінші жолының ұйқасып келген өлең өлшемі.*

**ШАЛЫС** зат. *Аяқтан шалатын күрес әдісі.*

**ШАЛЫС=** ет. *Күш сынасу, байқасу.*

**ШАЛЫСТАН=** ет. *Теріс кетіп, қырсығу.*

**ШАЛЫСТАНУ** *Шалыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЛЫСТАУ** сын. **1.** *Қиғаштау, қисықтау.* **2.** ауыс. *Қыңырлау, терістеу.*

**ШАЛЫСТЫҚ** зат. **1.** *Қайшылық, теріс кетушілік.* **2.** машина жасау. *Металл бұйымдардың пішіні мен өлшемдерінің өзгеруі немесе ақау түсуі.*

**ШАЛЫСТЫР=** ет. *Айқастыру, шалыс басу.*

**ШАЛЫСТЫРУ** *Шалыстыр етістігінің қимыл атауы; шатастыру, ауыстыру, алмастыру.*

**ШАЛЫСУ** *Шалыс етістігінің қимыл атауы; аяқтан шалу, күш сынасу.*

**ШАМ[1]** [ар. شمع ] зат. **1.** *Маймен жанатын шынысыз, жайдақ яки шыны салынған жарық беретін құрал, шырақ.* **2.** *Қараңғыда үй ішін, көшені жарық қылатын әртүрлі құрылғылардың жалпы атауы.* **3.** ауыс. *Жерге жарық беріп тұратын аспан денелері (жұлдыз, күн, ай).* **4.** ауыс. *Тірек, сүйеніш, медеу.*

**Шамды бұқтырды.** *Шамның білтесін бастырды, жарығын азайтты, сығырайтып қойды.* **Шам етті.** *Жарық етті, жарқыратты.* **Шам жақты.** *Жарық жандырды.* **Шам жамырады.** *Күн ұясына кіріп, қас қарайды.* **Шамы сөнді [өшті].** а) *Ұйықтады, ұйқыға кетті.* ә) *Өмірден өтті, қайтыс болды.*

**ШАМ[2]** зат. физ. *Жарық күші бірлігінің ескірген атауы [Бірліктердің халықаралық жүйелерінде (СИ жүйесі) бұл бірліктің орнына кандела алынады].*

**ШАМ[3]** зат. *Ар-ұят, намыс.*

**Шам алды.** *Шамданды, көңілге дық санады.* **Шам алмады.** *Көңіліне алмады, шамданбады, ренжімеді.* **Шам көрді [алды].** *Намыстанды, жақтырмады, көңіліне алды.* **Шам шығарды.** *Ашу шақырды, тулады.* **Шамына тиді.** *Ар-ұятына кір келтірді, намысына тиді.*

**ШАМ[4]** зат. жерг. *Арықтың қазылып бітпеген жері, қалдығы.*

**ШАМ[5]** зат. *Кеш, ақшам, намаздигер.*

**ШАМА[1]** зат. **1.** *Бойдағы күш-қуат, әл, дәрмен.* **2.** *Болжалды көлем, мөлшер.* **3.** филос. *Нәрсенің немесе құбылыстың сапалық және сандық айқындылығының табиғи бірлігін білдіретін философиялық категория.* **4.** физ. *Заттардың, құбылыстардың және үдерістердің әртүрлі өлшемдерін (көлем, аудан, қысым және т.б.) жалпылама сипаттайтын ұғым.* **5.** физ. *Физикалық күш мөлшерін көрсететін өлшем бірлігі.* **6.** мат. *Мәні математиканың дамуына байланысты жалпыланып отырылған негізгі математикалық ұғымдардың бірі.* **7.** инф. <ағыл. value> *Белгілі бір жиындағы мәндерге ие болатын объект.*

**Шама қылды.** *Шамалады, мөлшерледі.* **Шамадан тыс.** *Мөлшерден артық, тым көп.* **Шамасы жетпеді.** *Күші келмеді, әл-дәрмені құрыды.* **Шамасы жетті.** *Әл-дәрмені жетті, батылы барды.* **Шамасы жоқ.** а) *Әл-дәрмені, қауқары жоқ, дәрменсіз.* ә) *Мүмкіндігі, жағдайы жоқ.* **Шамасы жоқтық.** *Әлсіздік, қуатсыздық.* **Шамасы келгенінше.** *Барынша, әлі жеткенше.* **Шамасы келді.** а) *Мүмкіндігі, әлеуеті жетті.* ә) *Әл-дәрмені жетті, мұршасы жетті.* **Шамасы келмеді [неге келсін, қайдан келсін].** *Әлеуеті жетпеді, мүмкіндігі болмады.* **Шамасын білді.** *Мүмкіндігін, дәрменін байқады.*

**ШАМА[2]** зат. жерг. *Қайнатқан шайдың аққұманда қалған қалдығы.*

**ШАМАДАН** зат. сөйл. ***Шабадан.***

**ШАМАЙ** зат. кәс. *Ұсақ балықтың бір түрі.*

**Шамай ау.** кәс. *Шамай балыққа құрылатын, көзі тар ау.*

**ШАМАҚ** зат. көне. *Шама-шарық.*

**ШАМАЛ** зат. жерг. **1.** *Самал, қоңыр салқын жел, көбінесе жазда ыстықта кешке қарай соғатын жел.* **2.** *Шық, таң алдында жерге түсетін дымқыл.*

**ШАМАЛА=** ет. **1.** *Бір нәрсені болжау, бағдарлау, мөлшерлеу.*
**ШАМАЛАН=** ет. *Болжану, мөлшерлену.*
**ШАМАЛАНУ** *Шамалан етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМАЛАС** сын. **1.** *Белгілі бір шамаға жуық, мөлшерлес.* **2.** *Жас мөлшері тұстас, қарайлас.*
**ШАМАЛАСТАУ** сын. *Белгілі бір шамаға жуықтау, мөлшерлестеу.*
**ШАМАЛАСТЫР=** ет. *Бір-бірімен деңгейлестіру, бір мөлшерге жақындату.*
**ШАМАЛАСТЫРУ** *Шамаластыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМАЛАТ=** ет. *Болжату, мөлшерлету.*
**ШАМАЛАТУ** *Шамалат етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМАЛАУ** *Шамала етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМАЛАУЫНША** мод. *Болжауынша, мөлшерлеуінше, байқауынша.*
**ШАМАЛЫ** сын. **1.** *Көлемі шағын, кішкене, азғана.* **2.** *Белгілі бір шамаға жақын, соған мөлшерлес.*
**ШАМАЛЫЛАУ** сын. **1.** *Шағындау, кішілеу, тапшылау.* **2.** *Дәулеті аз, кедейлеу.*
**ШАМАЛЫЛЫҚ** зат. *Бір нәрсенің аздығы, тапшылық.*
**ШАМАЛЫРАҚ** сын. *Азырақ, тапшылау, кемірек.*
**ШАМАМЕН** үст. *Шамалап алғанда, мөлшерлеп қарағанда.*
**ШАМАН** зат. діни. *Солтүстік-шығысты мекендейтін, көк Тәңіріне табынатын халықтардың сиқыршы бақсы-балгері.*
**Шаман діні.** діни. *Көк Тәңіріне құлшылық ететін дін, шаманизм.*
**ШАМАНДЫҚ**[1] зат. діни. *Көк Тәңіріне табынатын наным-сенімнің көне түрі.*
**ШАМАНДЫҚ**[2] сын. *Шаман дініне тән, шаман ұғымына қатысты.*
**ШАМАНИЗМ** зат. діни. *Шаман дінін қолдағандық, шаманизмге құлшылық етушілік.*
**ШАМАНИСТІК** сын. діни. *Шаман дініне тән, шаманизмге қатысты.*
**ШАМАНША** үст. *Шаманға ұқсап, шаман сияқтанып.*
**ШАМАСЫ** мод. *Бір нәрсенің мөлшері, нобайы, болжамы.*
**Шамасы келді.** *Күші жетті.*
**ШАМАСЫЗ** сын. **1.** *Әлсіз, дәрменсіз; қауқары жоқ.* **2.** ауыс. *Амалсыз, айласыз, шарасыз.*
**ШАМАСЫЗДАН** үст. *Лажсыздан, амалсыздан.*
**ШАМАСЫНДА** үст. *Белгілі бір уақыт мөлшерінде, сол кезде.*
**ШАМАСЫНША** үст. **1.** *Әлі келгенше, күші жеткенше.* **2.** ауыс. *Хал-қадірінше, мүмкін болғанынша.*
**ШАМА-ШАРҚЫНША** үст. *Күш-қауқарының жеткенінше, әл-шамасы келгенше.*
**ШАМА-ШАРЫҚ** зат. *Күш-қуат, әл-шама.*
**ШАМБА** зат. сөйл. жерг. *Шама, қайнатқан шайдың қалдығы.*
**ШАМБАЛ** зат. кәс. *Желкендердің ағашын бетіне жібермей, ұстап тұру үшін жасалған шығыршық.*
**ШАМБЫЛ** сын. *Жағал сұр.*
**ШАМҒАЛ** зат. көне. *Мылтықтың түрі.*
**ШАМДАҒАЙ** сын. сөйл. ***Самдағай.***
**ШАМДАЙ** сын. *Шам сияқты, шам тәрізді.*
**ШАМДАЛ** зат. **1.** *Май шамдарды қоятын тұғыр, жабдық.* **2.** жерг. *Аспалы шам.*
**ШАМДАН=** ет. *Бір нәрсеге ыза болу, қызараңдап ашу шақыру.*
**ШАМДАНҒЫШ** зат. *Ашулангыш, ызалангыш, ренжігіш.*
**ШАМДАНҒЫШТЫҚ** зат. *Ашулангыштық, ызақорлық, ренжушілік.*
**ШАМДАНДЫР=** ет. *Ашуына тию, ашуландыру.*
**ШАМДАНДЫРУ** *Шамдандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМДАНСАҚТАН=** ет. **1.** *Шамдану, шам шығару.* **2.** *Малдың (ат т.б.) аяғын баспай, жүрмей, тастабандап тұрып алуы.*
**ШАМДАНТ=** ет. **1.** *Ызаландыру, шамдандыру, шамырқанту.* **2.** ауыс. *Долданту, толқындату (өзен-су туралы).*
**ШАМДАНТУ** *Шамдант етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМДАНУ** *Шамдан етістігінің қимыл атауы; көңілге алу, ашулану, шамырқану.*
**ШАМДАНШАҚ** сын. *Ашуланшақ, ренжігіш.*
**ШАМДАНЫС=** ет. *Шамырқанысу, ашу шақырысу.*
**ШАМДАНЫСУ** *Шамданыс етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМДЫҚ** сын. *Шамға тән, шамға қатысты.*
**ШАМКЕС** сын. сөйл. *Шамшыл, шәлкем-шалыс.*
**ШАМКЕСТІК** зат. сөйл. *Қыңырлық, шәлкем-шалыстық.*
**ШАМҚАЛ** зат. *Қару түрі, винтовка.*
**ШАМҚАЛЫП** зат. *Май шамды құйып шығару үшін жасаған қалып.*
**ШАМОТ** [франц. chamotte] зат. құр. *Күйдірілген балшық және балшықтан күйдіріліп жасалған, отқа төзімді кірпіш.*
**ШАМПАН** зат. *Жүзім шырынынан істелген, көпіршіп, шапшып тұратын ақ шарап.*
**ШАМПАНДАТ=** ет. сөйл. *Шампан ішу, шампанды ағыл-тегіл ету.*
**ШАМПАНДАТУ** *Шампандат етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМПАНША** үст. *Шампанға ұқсап, шампан тәрізденіп.*
**ШАМПУНЬ** [ағыл. shampoo] зат. ***Сабынсу.***
**ШАМСУ-ҚАМАР** ар. сын. ескікіт. *Ай мен күн(дей).*
**ШАМША** үст. *Шамға ұқсап, шам тәрізді.*
**ШАМШАТ** зат. бот. <лат. fagaceae> *Дүниежүзінің қоңыржай, тропиктік және субтропиктік аймақтарында өсетін, биіктігі 50 м-ден, дiңінің жуандығы 2 м-ден асатын сүрегі берік, ірі ағаш.*
**ШАМШЫЛ** сын. **1.** *Ызалангыш, шамданғыш, ашушаң.* **2.** ауыс. *Ырыққа көнбейтін, тулағыш.*
**ШАМШЫЛДЫҚ** сын. *Ызақорлық, ашуланшақтық.*
**ШАМШЫЛДЫҚСЫЗ** сын. *Шамданбайтын, ызасыз.*
**ШАМШЫРАҚ** зат. **1.** *Түнгі жарық, сәуле, шырақ.* **2.** сушар. *Кеменің жағалауды бағдарлауына әрі өз орнын анықтауын және оны әртүрлі навигациялық қауіптерден сақтандыруға арналған мұнаралық құрылыс.* **3.** ауыс. *Маңдайалды адам, еңбек озаты.*
**Шамшырағы өшті [сөнді].** *Үміті ақталмады.*
**ШАМШЫРАҚТАЙ** сын. *Шамшырақ сияқты, шамшырақ тәрізді.*
**Шамшырақтай жайнады.** *Жайнаң қақты, жайраңдады.*
**ШАМШЫРАҚТЫ** сын. *Шамшырағы бар, шамшырағы көп.*
**ШАМШЫРАҚША** үст. *Шамшыраққа ұқсап, шамшырақ тәрізді.*
**ШАМЫҚ= ет.** *Қуану, шаттану деген мағынада.*
**ШАМЫРҚА=** ет. *Қатты ашулану, ыза болу, ширығу, қатулану.*
**ШАМЫРҚАН=** ет. *Сілкіну, күш жию, шамырқану, ашулану.*
**ШАМЫРҚАНҒЫШ** сын. *Шамданғыш, ашулангыш, ренжігіш.*
**ШАМЫРҚАНДЫР=** ет. *Ашуландыру, шамдандыру, ызасын келтіру.*
**ШАМЫРҚАНДЫРУ** *Шамырқандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМЫРҚАНТ=** ет. *Шамына тию, шамдандыру.*
**ШАМЫРҚАНТУ** *Шамырқант етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМЫРҚАНУ** *Шамырқан етістігінің қимыл атауы; ренжу, кею, ашулану.*
**ШАМЫРҚАТ=** ет. *Шамдандыру, шамына тию.*
**ШАМЫРҚАТУ** *Шамырқат етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМЫРҚАУ**[1] сын. *Аздап ширыққан, қатыңқы.*
**ШАМЫРҚАУ**[2] *Шамырқа етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМЫРЫҒУ** *Шамырық етістігінің қимыл атауы.*
**ШАМЫРЫҚ=** ет. *Бір нәрсеге қапалану, ренжу; шамырқау.*
**ШАМЫРЫҚҚЫШ** зат. *Ашуланғыш, ренжігіш.*
**ШАМЫРЫҚТЫР=** ет. *Шамдандыру, шамына тию.*
**ШАМЫРЫҚТЫРУ** *Шамырықтыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШАН** зат. **1.** кәс. *Ағаштан не металдан жасалған үлкен бөшке.* **2.** кен. *Пульпаны реагентгермен немесе ауамен араластыру үшін қолданылатын цилиндрлі сыйымды жабдық.*
**ШАНА** зат. *Жүк тасуға арналған қар үстінде сырғанайтын, көлікке жегілген, трактор, мәшинеге тіркелген қос табанды сүйретпе құрал.*
**ШАНАБАС** зат. *Су өтпес үшін төбе жағы шошайтып үйілген бірнеше шөмеле шөптің үйіндісі.*
**ШАНАҚ**[1] зат. **1.** муз. *Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының үш бұрышты немесе домалақша келген дүмі.* **2.** кәс. *Диірменнің астық құйылатын немесе ұн төгілетін жәшігі.* **3.** *Арба мен мәшиненің сыртқы қорабы.* **4.** жерг. *Шыбықтан тоқылған себет.* **5.** сөйл. *Өңделген теріден істелген сусын құятын үлкен ыдыс; шанаш.* **6.** *Жүгерінің сабағы.*
**ШАНАҚ**[2] зат. жерг. *Мақта талшығы жетіліп, ашылғанша, оны ыстықтан қорғап тұратын мақта қауашағы.*
**Шанақ байлады.** *Мақта қауашақ салды.* **Шанақ төкті.** *Мақтаның қауашағы қурап, түсіп қалды.*
**ШАНАҚ**[3] зат. бот. *Өсімдіктің гүл қауашағы.*
**ШАНАҚТА=** ет. *Гүл қауашағының ашылуы, шешек атуы.*
**ШАНАҚТАЙ** сын. **1.** *Шанақ сияқты, шанақ тәрізді.* **2.** *Шанақ күйінде, шанағымен.*
**ШАНАҚТАН=** ет. *Гүл ату, шешек ату.*
**ШАНАҚТАНУ** *Шанақтан етістігінің қимыл атауы.*
**ШАНАҚТАУ** *Шанақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШАНАҚТЫ** сын. *Шанағы үлкен, шанағы ерекше.*
**ШАНАЛАП** үст. *Шанаға толтырып, шана-шана етіп.*
**ШАНАЛЫ** сын. *Шана жеккен, шанаға мінген.*
**ШАНАП** зат. кен. <ағыл. bunker> **1.** *Үймелі және жеке материалдарды (астық, көмір, құм, кен т.б.) сақтауға арналған сыйымдылық.* **2.** *Белгілі уақыт ішінде кен сақтайтын және бір үдерістен екінші үдеріске ауысар алдында кенді жинақтайтын сыйымды жабдық.*
**ШАНАШ** зат. этн. **1.** *Малдың терісінен істелген ыдыс, қап.* **2.** *Ешкі терісінен жасалған торсық, мес, сусын құятын ыдыс.*
**ШАНАША** үст. *Шанаға ұқсап, шана тәрізденіп.*
**ШАНАШТАП** үст. *Шанашты толтырып, шанашқа салып.*
**ШАНАШЫ** зат. *Шана жасайтын; шана жүргізетін адам.*
**ШАНАШЫҚ** зат. *Сұйық зат құятын шағын ыдыс.*
**ШАНҒА** зат. кәс. *Балықтың шеміршегі.*
**ШАНДА** үст. *Анда-санда, оқта-текте; бірлі-жарым.*

**ШАНДАҒАЙ** сын. жерг. *Бытыраңқы, бөлек-бөлек.*

**ШАНДАҒАЙЛАН=** ет. *Бытырау, бет-бетіне ыдырау.*

**ШАНДАР** зат. хим. *Қатты майдалық фазалы тұрақсыз аэрозольдар.*

**ШАНДОЗ** сын. **1.** *Асқан жүйрік; жарыста озып шыққан жеңімпаз.* **2.** жерг. *Көз тартарлық сұлу, көркем.* **3.** жерг. *Кербез, талғампаз.*

**ШАНДОЗДА=** ет. жерг. *Әдемілеп сомдау, көркемдеу.*

**ШАНДОЗДЫҚ** зат. *Көз тұнарлық көркемдік, әдемілік.*

**ШАНДОЗСЫ=** ет. *Шандоз болғансу.*

**ШАНДУ** *Шанды етістігінің қимыл атауы.*

**Шанду арқан.** *Жүкті, теңді т.б. шандап байлау үшін қолданылатын арқан.*

**ШАНДУЛЫ** сын. *Шандып байланған, таңулы.*

**ШАНДЫ=** ет. *Шешілместей етіп таңу, байлап тастау.*

**Шандып байлау.** *Шешілместей шиелеп байлаудың түрі.*

**ШАНДЫЛ=** ет. *Шандылып байлану.*

**ШАНДЫЛУ** *Шандыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНДЫМА** сын. *Айқыш-ұйқыш тартылып байланған.*

**ШАНДЫР[1]** зат. **1.** *Тіс өтпейтін тарамыс ет.* **2.** биол. <лат. fascia> *Бұлшық еттің дәнекерұлпалық жұқа қабығы.*

**ШАНДЫР[2]** зат. жерг. *Айыл, ердің шап айылы.*

**Шандыр тартпа.** *Шөптің үстінен тартылып тұратын артқы тартпа.*

**ШАНДЫРЛА=** ет. *Шанду, шешілместей етіп таңу.*

**ШАНДЫРЛАН=** ет. *Етінен арылып, шандыр боп қалу, тарамыстану.*

**ШАНДЫРЛАНУ** *Шандырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНДЫР=** ет. жерг. *Куәландыру, растау.*

**ШАНДЫС=** ет. *Шандып байласу.*

**ШАНДЫСУ** *Шандыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНДЫТ=** ет. *Шандып байлату.*

**ШАНДЫТУ** *Шандыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЖА** зат. **1.** *Ұзын боп өскен жіңішке жас қарағай.* **2.** жерг. *Сырғауыл, сырық.* **3.** жерг. *Белағаш, арқалық үстіне салынатын жіңішке ағаш.*

**ШАНЖАҒАЙ** сын. *Анда-санда бір көрінетін, әредік, сирек.*

**ШАНЖАҒАЙЛАП** үст. *Андыздап, шашырап, бытырап.*

**ШАНЖАУ** үст. *Шашау, андыз-андыз, бытырап.*

**ШАНЖАУЛА=** ет. *Бытырап кету, шашау шығу.*

**ШАНЖАУЛАУ** *Шанжаула етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЖИ=** ет. **1.** *Қаннен-қаперсіз шалжиып жату, шәнию.* **2.** ауыс. *Масаттану, кердеңдеу.*

**ШАНЖИЮ** *Шанжи етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНИ=** ет. сөйл. *Қаннен-қаперсіз отыру.*

**ШАНСОНЬЕ** [франц. chansonnier] зат. муз. *Француздың көбіне өзі шығарған ән-жырларды орындайтын эстрада әншісі [Шансонье өнері 18–19 ғасырлардағы француз революциялары кезінде кеңінен дамыды].*

**ШАНТА** зат. кәс. *Балықтың ішек-қарны.*

**ШАНТАҚ** зат. жерг. *Фанерден істелген жәшік.*

**ШАНТЫ=** ет. *Әр нәрсені айту, танту.*

**ШАНШАР[1]** зат. **1.** зоол. <лат. ichneumonidae> *Жарғақ қанаттылар отряды, сабақшалы құрсақтылар отряд тармағына жататын паразитті жәндіктердің бір тобы [Station Шаншарлар дене тұрқы 0,2–40 мм, антенналары (мұртшалары) ұзын, алдыңғы қанаттарында тығыз қара дағы болады, араларында кейде қанатсыз аналықтары да кездеседі. Шаншарлардың жұмыртқа салғыштары ұзын, ине тәрізді өткір болады].*

**ШАНШАР[2]** зат. зоол. *Жота қанаты тікенекті балық.*

**ШАНШУ[1]** зат. *Суыққа ұшыраудан болатын сырқат, науқас.*

**Шаншу боп қадалды**. *Өңменінен өтті, жайсыз тиді.* **Шаншу қадалды.** *Суық тиген т.б. науқастанған жері ұшкір зат тығып алғандай ауырды.*

**ШАНШУ[2]** *Шаншы етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШУДАЙ** сын. *Шаншу сияқты, шаншу тәрізді.*

**ШАНШУЛА=** ет. *Суық тиіп сырқаттану.*

**ШАНШУЛАТ=** ет. *Шаншу тигізу.*

**ШАНШУЛАТУ** *Шаншулат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШУЛАУ** *Шаншула етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШУЛЫ** сын. *Шаншылған, қадалған.*

**ШАНШУША** үст. *Шаншуға ұқсап, шаншу тәрізденіп.*

**ШАНШЫ=** ет. **1.** *Түйреу, қадау.* **2.** *Бір нәрсені қиыстыру, сұғу.* **3.** сөйл. *Көшет отырғызу, тігу.* **4.** *Дененің сұққылап, түйреп ауыруы.* **5.** ауыс. *Біреуді сөзбен шенеу, кекету.* **6.** ауыс. *Шағылысу.* **7.** ауыс. *Найзағайдың жарқылдауы.*

**Шаншып алма [шанышпа] тіл.** *Уытты, зілді сөз.*

**ШАНШЫЛ=** ет. **1.** *Қадалу, түйрелу.* **2.** ауыс. *Көкке көтерілу, жоғары ұшу.* **3.** ауыс. *Қозғалмау, тырп етпеу.* **4.** ауыс. *Қолға түсу, құрықталу.*

**ШАНШЫЛА=** ет. **1.** *Әрі-бері сұққылау, үстіүстіне шаншу.* **2.** *Түйреп, қадалып ауыру.* **3.** *Төтесінен келу.*

**Шаншыла қарады**. *Тесіле көз тікті.*

**ШАНШЫЛАУ** *Шаншыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШЫЛДЫР=** ет. *Қадалту, түйреу.*

**ШАНШЫЛДЫРУ** *Шаншылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШЫЛМА** сын. *Тіп-тік, қаққан қададай.*

**ШАНШЫЛТУ** *Шаншылт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШЫЛУ** *Шаншыл етістігінің қимыл атауы; қадалу, түйрелу.*

**ШАНШЫЛЫС** зат. *Тік тұра қалушылық, қадалыс.*

**ШАНШЫМ** зат. қолөнер. *Инемен шаншып тіккендік.*

**ШАНШЫМА** зат. *Түйреп, шаншып кететін ауру.*

**ШАНШЫП-ШАНШЫП** үст. *Таңдап тұрып, іріктеп.*

**ШАНШЫС=** ет. **1.** *Қадасу, бірге шаншу.* **2.** *Түйресу, сұққыласу.*

**ШАНШЫСУ** *Шаншыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНШЫТ=** ет. *Шанышқызу, түйрету.*

**ШАНШЫТУ** *Шаншыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЫ** зат. жерг. *Айғағы, дәлелі.*

**ШАНЫ=** ет. *Кекетіп-мұқату, шалу, қағыту.*

**ШАНЫШ=** ет. сөйл. ***Шаншы.*** **1.** *Қадау, түйреу.* **2.** ауыс. *Кекету, мұқату.*

**ШАНЫШҚАҚ[1]** сын. *Шанши беретін, жиі шаншитын.*

**ШАНЫШҚАҚ[2]** зат. сөйл. ***Шанышқы.***

**ШАНЫШҚАҚ[3]** зат. жерг. *Сиырда болатын ауру; оқыра, сәйгел.*

**ШАНЫШҚАҚ[4]** зат. бот. <лат. pulsatilla> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШАНЫШҚАҚТА=** ет. *Оқыра тию, оқыралау, сәйгел тию.*

**ШАНЫШҚАҚТАУ** *Шанышқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЫШҚЫ** зат. **1.** кәс. *Балық ұстайтын үш айыр істік темір.* **2.** спорт. *Шаншуға, түйреуге арналған сайыс құралы.* **3.** *Тамақ алып жейтін тармақты құрал.* **4.** *Қосарланған ұшы бар құралдардың жалпы атауы* (ҚҰЭ). **5.** *Айыр.*

**ШАНЫШҚЫЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта шаншу, түйрей тусу.* **2.** ауыс. *Шаншып-түйреп ауыру.*

**ШАНЫШҚЫЛАС=** ет. *Таласу, дауласу, айыра ала жүгірісу.*

**ШАНЫШҚЫЛАСУ** *Шанышқылас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЫШҚЫЛАУ** *Шанышқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАНЫШҚЫЛЫ** сын. *Шаншитын құралы бар, найзалы, істікті.*

**ШАНЫШПА** сын. **1.** *Шаншылып тігілген, шаншылатын.* **2.** ауыс. *Шағып алатын, шымшыма.*

**Шанышпа қос.** *Бірнеше уықты жерге шаншып жасаған қос.*

**ШАҢ[1]** зат. **1.** *Ауа кеңістігінде не жер бетінде болатын күлдей майда тозаң.* **2.** *Топырақтың аспанға ұшқан тозаңы.* **3.** хим. *Газ тәріздес ортадағы мөлшері 0,1 мм-ден аспайтын қатты бөлшектер.*

**Шаң ауруы.** мед. <грек. pneumon – өкпе, konia – шаң> *Шаңды ауамен демалудан пайда болатын ауру.* **Шаңға қаққызды.** *Артта қалдырды, ілескізбеді.* **Шаң басты.** а) *Шаңға бөкті, шаң-тозаңның астында қалды.* ә) *Көптен бері қолға алынбады, ұмыт қалды.* б) *Су сеуіп, шаңын сейілтті, азайтты.* **Шаң басу.** кен. *Әртүрлі әдістермен және техникалық құралдардың көмегімен ауаға көтерілгенге дейін пайда болатын және пайда болған шаңды басу және ауадағы тозаңды отырғызу.* **Шаң берді.** *Белгі берді, байқалды.* **Шаң бермеді.** *Озық болды, алдына жан салмады.* **Шаң болды.** *Шаңға бөкті, шаңға көмілді.* Шаң ілеспес. *Өте жүйрік.* **Шаңды боратты.** *Шаңға көмді, шаңның астына қалдырды.* **Шаң жуытпады [жұқтырмады, тигізбеді].** *Қорғаштады, кір келтірмеді.* **Шаң жұқпады.** а) *Алдына жан салмады, озды.* ә) *Сөз келмеді, кесірі тимеді.* **Шаң жұтқан.** *Жүйрік бәйге аты туралы.* **Шаң көрсетті.** *Белгі берді, байқатты.* **Шаң қапты [құшты].** *Шаңға көмілді, артта қалды.* **Шаң қаптырды.** *Жуытпады, жақындатпады.* **Шаң қылды.** *Шаңға бөктірді, шаңдатты.* **Шаңның астында қалды.** *У-шудың, шаң-топаланның ішінде қалды.* **Шаңның жарылғыштығы.** кен. *Кейбір материалдардың өте ұсақ бөлшектерінің белгілі бір жағдайда жарылу, яғни оттекпен тез қосылуы кезінде мол көлемде жылу бөліп шығару қасиеті.* **Шаңның жарылғыштығын сынау.** кен. *Шаңның жарылғыштық дәрежесін анықтау.* **Шаңның үлестік шығымы.** кен. *Қопарылған массивтің немесе тиелген таужыныстың бірлік өлшеміне сәйкес ауада пайда болған шаң мөлшері (шамасы).* **Шаңның шоғырлануы.** кен. *Шығарылған газдардың, шығарынды газдардың белгілі бір көлеміндегі, жұмыс орындарының, өнеркәсіптік аймақтардың, елді мекендердің қоршаған ауасындағы не атмосферадағы шаң мөлшері.* **Шаң тастады.** *Белгі білдірді.* **Шаң тұту.** а) *Газдарды шаң мен тұманнан тазарту, ауадан қатты бөлшектерді бөлу.* ә) *Шаңды бөлінетін жерінен сору арқылы алу және сонан соң шаңтұтқыштарда отырғызу.* **Шаң тұту түрлері**. кен. *Шаңдалған газды пайда болған жерінен бөліп алып, одан кейін ішіндегі қатты бөлшектерді газ ағынынан ажырататын инженерлік-технологиялық кешеннің шаралары мен үдерістері.* **Шаң түсу қарқындылығы.** кен. *Таужыныстарды қопару жұмыстары барысында уақыт бірлігі ішінде ауаға араласатын шаңның көлемі (кг/мин).* **Шаң ұшты.** *Шаңы шықты, шаңы көтерілді.* **Шаң шығару деңгейі.** кен. *Технологиялық процестерде пайда болатын шаңның мөлшері.* **Шаңына ере алмады [ілеспеді].** *Қуып жете алмады, қарасын көре алмады.* **Шаңын аспанға шығарды.** *Шаң-тозаңды бұрқыратты.* **Шаңын басты.** *Бұрқыраған тозаңға су сеуіп тастады, су бүркіді.* **Шаңын қақты [сілкті].** *Астан-кестеңін шығарды, ұрысты.*

**ШАҢ**[2] зат. жерг. кәс. *Балық тұздайтын үлкен ыдыс.*

**ШАҢБАҚ** зат. жерг. кәс. *Теріден жасалған қауғаның аузын керіп тұратын темір шеңбер.*

**ШАҢБАСАР** зат. көне. *Бөтен біреуден ауыл сыртынан мал айдап өтіп, шаңдатқаны үшін алынатын салық.*

**Шаңбасар алды.** көне. *Салық алды.*

**ШАҢҒА**[1] зат. жерг. *Ірі балықтың сыртындағы тікенек қанаты.*

**ШАҢҒА**[2] зат. жерг. кәс. **1.** *Жақша тәрізді темір (тақтайдың жігін ұстататын темір).* **2.** *Дөңгелектің шен темірінің ішіндегі имек ағашы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

**ШАҢҒАЛАҚ** зат. *Жаңғақтың, өріктің дәнегін қаптап тұрған сыртқы қатты қабығы.* **2.** *Мақтаның сыртындағы қабығы.*

**ШАҢҒАРАҚ** зат. сөйл. ***Шаңырақ.***

**ШАҢҒАРАҚТАЙ** сөйл. ***Шаңырақтай.***

**ШАҢҒЫ** зат. спорт. *Адам аяғына іліп, қар үстінде сырғанайтын, шана табаны сияқты жалпақтау келген, басы қайқы жұқа ағаш.*

**ШАҢҒЫАУЫЗ** зат. сөйл. ***Шаңқобыз.***

**ШАҢҒЫЛЫҚ** сын. *Шаңғыға тән, шаңғы тебуге арналған.*

**ШАҢҒЫТ** зат. жерг. *Жел, ұйытқыған жел.*

**ШАҢҒЫТ=** ет. сөйл. ***Шаңыт.***

**ШАҢҒЫТАЯҚ** зат. спорт. *Бамбуктен, қамыстан, іші қуыс металдан жасалатын шаңғы тебушінің қолына ұстап жер тірейтін құралы.*

**ШАҢҒЫШЫ** зат. *Шаңғы тебуші; шаңғы тебудің шебері.*

**ШАҢДА=** ет. *Шаң шығару, шаңын бұрқырату.*

**ШАҢДАҚ** сын. **1.** *Шаңы мол, тозаңды жер.* **2.** *Түйенің жататын, аунайтын жері.* **3.** ауыс. *Мұнар, буалдыр.* **4.** ауыс. *Соқыр, ой-өрісі төмен, саяз.*

**Шаңдақ салды.** *Ұрыс салды, соғысты.*

**ШАҢДАҚТАН=** ет. *Шаң басу, шаңы шығып жату.*

**ШАҢДАҚТАНУ** *Шаңдақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢДАҚТАУ** сын. *Шаңы молырақ, шаңдылау.*

**ШАҢДАҚТЫ** сын. *Шаңы мол, шаңы шығып жатқан.*

**ШАҢДАҚ-ШАҢДАҚ** сын. *Шаң басқан, шаң-шаң.*

**ШАҢДАЛ=** ет. *Шаңы шығу, шаң бұрқырау.*

**ШАҢДАЛУ** *Шаңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢДАН=** ет. *Шаң басу, шаң болу.*

**ШАҢДАНУ** *Шаңдан етістігінің қимыл атауы.*

**Шаңдану қарқындылығы.** кен. *Таужыныстарды қопару жұмыстары барысында уақыт бірлігі ішінде пайда болған шаң көлемі (кг/мин).*

**ШАҢДАТ=** ет. **1.** *Шаң ету, шаңға бөктіру.* **2.** ауыс. *Шарлау, шыр айналу.*

**ШАҢДАТҚЫШ** зат. тех. **1.** *Шаңды үрлеп көтеретін техникалық аспап.* **2.** *Сұйықтықты ұнтақты шашыратуға, тозаңдатуға арналған құрал* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

**ШАҢДАТУ** *Шаңдат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаң қылу, шаңға бөктеру.* **2.** *Іс көтеру, іс қозғау.*

**ШАҢДАТЫС=** ет. *Шаң етісу, шаңға бөктірісу.*

**ШАҢДАТЫСУ** *Шаңдатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢДАУ**[1] сын. *Шаңы молырақ, шаңдылау.*

**ШАҢДАУ**[2] *Шаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢДАУЫТ** сын. *Шаңы шыққан, шаңдылау.*

**ШАҢДАЯҚ** сын. сөйл. *Қыдырымпаз, ел кезгіш.*

**ШАҢДОЗ** сын. *Асқан жүйрік, жарыста озып шыққан жеңімпаз.*

**ШАҢДЫ** сын. *Шаңы мол, борпылдақ.*

**Шаңды аяқ.** *Мал соңынан жүрген құл.* **Шаңды дауыл.** экол. *Өсімдік жамылғысы жоқ тақырланған және басқа да ашық өңірлерден көтерілген қатты бөлшектердің орасан көп мөлшерін (топырақ, құм түйіршіктерін) өзімен ілестіретін қатты жел (25–30 м/сек).* **Шаңды заттардың бірігуі.** кен. *Шаңды заттарды әртүрлі әдіспен (мыс, сулау, электр өрісінде өңдеу әдісімен) біріктіру арқылы ірілендіру.*

**ШАҢЖҰҚПАС** сын. *Аузымен құс тістеген, жүйрік, жүйріктің жүйрігі.*

**ШАҢҚ** елік. *Оқыстан, кенет шаңқылдап шыққан қатты, жаңғырыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шаңқ етті.** *Даусы саңқ етіп шықты.*

**ШАҢҚАЙ** сын. сөйл. ***Шаңқан.***

**ШАҢҚАЙ=** ет. *Аппақ болу, ағару.*

**ШАҢҚАЙ: шаңқай түс.** *Тал түс, нағыз түс.*

**ШАҢҚАЙТ**[1]**=** ет. *Ағарту, аппақ ету.*

**ШАҢҚАЙТ**[2]**=** ет. *Айқара ашу, шалқайту.*

**ШАҢҚАН** сын. *Ақ сүттей, аппақ.*

**Шаңқан боз.** *Ашық, шымқай боз.*

**ШАҢҚАНДАЙ** сын. *Аппақ құдай, шаңқайған.*

**ШАҢҚАНДАН=** ет. *Шаңқандай болу, аппақ болып ағару.*

**ШАҢҚАНДАНУ** *Шаңқандан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢҚАНДЫҚ** зат. *Шаңқандай болып ағарушылық, ақтық.*

**ШАҢҚАЮ** *Шаңқай етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢҚИ=** ет. *Аппақ болып көріну, шаңқаю.*

**ШАҢҚИЮ** *Шаңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢҚОБЫЗ** зат. муз. этн. *Ауызға салып тартатын, темір тілікшелі музыкалық аспап.*

**ШАҢҚ-ШАҢҚ** елік. *Оқыстан қайта-қайта шаңқылдап шыққан қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШАҢҚЫЛ** зат. *Шаңқ еткен ащы дауыс, шаңқылдаған дыбыс.*

**ШАҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шаңқ еткен ащы дыбыс шығару, шаңқ-шаңқ ету.* **2.** *Шәуілдеу, ұру.* **3.** ауыс. *Ұрысу, балағаттау, айғайласу.*

**ШАҢҚЫЛДАҚ** сын. *Шаңқылдаған, жағымсыз, ащы (дыбыс).*

**Шаңқылдақ қыран.** зоол. <лат. aquila clanga> *Сұңқартәрізділер отрядына жататын жыртқыш құс [Шаңқылдақ қыран Солтүстік және Шығыс Қазақстан аралас ормандары шоқ қайыңдары арасында, Алматы облысында Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы қайың, ырғай, терек, самырсын және шырша өскен аралас ормандарда, теңіз деңгейінен 1000–2000 м биіктікте кездеседі].*

**ШАҢҚЫЛДАС=** ет. *Шаңқ-шаңқ етісу, ұрсысу, таласу, дауласу.*

**ШАҢҚЫЛДАСУ** *Шаңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢҚЫЛДАТ=** ет. *Шаңқ-шаңқ еткізу.*

**ШАҢҚЫЛДАТУ** *Шаңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢҚЫЛДАУ** *Шаңқылда етістігінің қимыл атауы; шаңқ-шаңқ ету, шәуілдеу.*

**ШАҢҚЫЛДАУЫҚ** сын. ***Шаңқылдақ.***

**ШАҢҚЫРАУ** сын. жерг. *Дәу, үлкен.*

**ШАҢӨЛШЕГІШ** сын. *Ауаның шаңдылығын өлшейтін.*

**Шаңөлшегіш аспаптар.** кен. *Ауадағы шаңның шоғырлануын анықтайтын құрылғылар мен аппараттар.*

**ШАҢСОРҒЫШ** зат. тех. *Бөлменің еденін, қабырғасын, сондай-ақ жиһаз, кілем, киім т.б. осы сияқты тұрмыстық заттар мен бұйымдарды шаң-тозаңнан арылтуға арналған құрылғы.*

**ШАҢСЫЗ** сын. *Шаңы жоқ, шаңы шықпайтын.*

**ШАҢСЫЗДАНДЫР=** ет. **1.** *Шаңнан арылту.* **2.** кен. *Пайдалы қазылым шикізатын не байыту өнімдерін шаңдарын азайту үшін пневматикалық өңдеу.* **3.** *Кеніштегі шаң ағындарын суландыру не шаң шығатын жерлерде оқшаулап басу арқылы ауаны шаңнан тазарту.*

**ШАҢСЫЗДАНДЫРУ** *Шаңсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢТАС** зат. кәс. *Айналып тұратын білікке орнатылған астық бастыратын бірнеше қырлы тас; тұғырлықтас.*

**ШАҢ-ТОЗАҢ** зат. *Шаң мен тозаң.*

**Шаң-тозаң тәрізді саздақ.** *Мұзды-сулы алаптарда қалыптасып, жұқа қабаттар түзетін саздақ.*

**ШАҢ-ТОПЫРАҚ** зат. *Шаң және топырақ.*

**ШАҢТҰТҚЫШ** зат. тех. *Ауа (газ) ағынынан шаңды және басқа ұсақ қоспаларды ұстауға (ажыратуға) арналған құрылғы.*

**ШАҢҰСТАҒЫШ** зат. тех. *Ауаны шаңнан тазартуға арналған аппараттар.*

**ШАҢ-ШӘЛЕКЕТ** сын. жерг. *Астан-кестен.*

**ШАҢ-ШҰҢ** зат. **1.** *Шақ-шұқ етіп шиылдаған дыбыс, ызың-шу.* **2.** ауыс. *Ұрыс-керіс, айтыс-тартыс.*

**ШАҢЫЛДА=** ет. *Шаң-шұң еткен дыбыс шығару, шуылдау.*

**ШАҢЫЛТАҚ** сын. сөйл. ***Шаңылтыр.***

**ШАҢЫЛТЫР** сын. *Қатқыл, құрғақ; шыңылтыр.*

**ШАҢЫРАҚ**[1] зат. **1.** этн. *Киіз үйдің төбесінде уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер.* **2.** ауыс. *Өзінің туған тұрған үйі.* **3.** ауыс. *Орда, мекен.* **4.** ауыс. *Әулет, ұрім-бұтақ.* **5.** ауыс. *Отбасы, жанұя.*

**Шаңырағы биік, іргесі берік болсын!** тілек. *Үлгілі, мәртебелі болсын.* **Шаңырағы кертілді.** *Отбасының шырқы бұзылды, берекесі кетті.* **Шаңырағы құлады**. *Түтіні өшті, үй болудан қалды.* **Шаңырағына ат ойнатты [қобыз ойнатты, қобыз тартты], шаңырағын қиратып, түндігін тілді [ортасын түсірді].** *Астан-кестеңін шығарып ойрандады, әлек салды; төбесіне әңгіртаяқ ойнатты.* **Шаңырағынан жылу тапты.** *Шаңырағын паналады, сағалады.* **Шаңырағын жықпады.** *Отын өшірмеді, орнын сақтады.* **Шаңырағын күйретті [күл қылып талқандады].** *Үйін қиратты, отбасының берекесін кетірді.* **Шаңырағын қиратты.** *Астан-кестеңін шығара ойрандады, әлек салды; қым-қуыт, у да шу етті.* **Шаңырағын қиратты, түндігін тілді**. *Астан-кестеңін шығарды, ойрандады, әлек салды.* **Шаңырағын құлатты [жықты].** *Үйін қиратты, отбасының берекесін кетірді.* **Шаңырағын ортасына түсірді**. *Үйін қиратты, жоқ қылды.* **Шаңырағын отын қылды.** *Үйін қиратты, жоқ етті, отбасының берекесін кетірді.* **Шаңырағын тіреп қалды [ұстап қалды, сақтады].** *Отбасының берекесін келтірді, үй ішін аман алып қалды.* **Шаңырағына шаң түспесін.** тілек. *Көңіліңе кірбің түспесін деген мағынада.* **Шаңырағың биік болсын.** тілек. *Үй көтергенде, үй тіккенде, үй боп бөлініп шыққанда айтылатын тілек.* **Шаңырағы ортаға түсті.** *Отбасы бұзылды.* **Шаңырағы ортасына түсті**. *Отауы бұзылды, отбасының берекесі кетті, үй-орманы ыдырады; жойылды, қирады.* **Шаңырағы шайқалды.** *Отбасының берекесі кетті, отауы күйзелді.* **Шаңырақ асты.** *Бір отбасы, үй іші.* **Шаңырақ көтерді.** а) *Әйел алып, өз алдына үй болды, үйлі-баранды болды.* ә) *Үй тікті.* б) *Ел болып, етек-жеңін түзеді.* в) *Ұйымдастырылды, ашылды.* **Шаңыраққа би болды.** жағымсыз. *Әркайсысы отбасына мәтібі болды, бірін-бірі тыңдамады.* **Шаңыраққа қара**. *Өз үйің емес, бөтен үй; тыныш отыр, жай отыр, абайла деген мағынада.* **Шаңыраққа уық болып шаншылды [тіреу болды].** *Отбасына береке кіргізді, жоғын түгендеді.* **Шаңырақ мүйіз.** *Екі ұшы иіле-иіле келіп, бір-біріне түйісе біткен мүйіз.* **Шаңырақ салма.** этн. *Киіз үйдің кішісі.* **Шаңырақ салығы.** көне. *Әр үйге, түтінге түсетін салым.* **Шаңырақ түйе.** этн. *Арнайы шаңырақ артатын түйе.*

**ШАҢЫРАҚ**[2] зат. жерг. *Арба дөңгелегінің имек ағашы.*

**ШАҢЫРАҚБАУ** зат. этн. *Әсемдік үшін әртүрлі иірілген жіптен жасалып, шаңыраққа салбырата байланатын шашағы күлтеленген бау.*

**ШАҢЫРАҚСЫЗ** сын. *Үйсіз-күйсіз, баспанасыз.*

**ШАҢЫРАҚТАЙ** сын. *Шаңыраққа ұқсас, үлкен.*

**ШАҢЫРАҚТАН=** ет. *Арбию, үлкею, дөңгелектену.*

**ШАҢЫРАҚТАНУ** *Шаңырақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢЫРАҚТАС** сын. *Шаңырағы бір, ортақ.*

**ШАҢЫРАҚША** үст. *Шаңыраққа ұқсап, сол тәрізденіп.*

**ШАҢЫРАҚШАЛА=** ет. *Шаңырақ тәрізді ету, шаңыраққа ұқсату.*

**ШАҢЫРАҚШАЛАУ** *Шаңырақшала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢЫРҚА=** ет. **1.** *Шаң басу, ақ тозаңдану.* **2.** ауыс. *Қаны кеуіп шөлдеу, қаталау, сусау.*

**ШАҢЫРҚАС=** ет. *Шөлдеу, қаталау.*

**ШАҢЫРҚАТ=** ет. **1.** *Шаңдату, шаңды борату.* **2.** ауыс. *Әбден шөлдету, сусату.*

**ШАҢЫРҚАТУ** *Шаңырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢЫРҚАУ** *Шаңырқа етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢЫТ** зат. жерг. *Шаң, тозаң.*

**ШАҢЫТ=** ет. *Шаң болу, ақ тозаңдану.*

**ШАҢЫТТАН=** ет. *Шаң басу, тозаңдану.*

**ШАҢЫТТАНУ** *Шаңыттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАҢЫТТЫ** сын. *Шаң-тозаңды, шаңытқан.*

**ШАҢЫТУ** *Шаңыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАП** зат. анат. **1.** <лат. inguen> *Қарынның төменгі жағы мен санның ішкі түйіскен жері.* **2.** окказ. *Бұл жерде ақын шүйгіні жоқ тақыр жер, жұтаң тұрмыс туралы айтып отыр.*

**Шапқа түртті.** *Ызасын келтірді, ашуландырды.*

**ШАП[1]=** ет. **1.** *Атпен құйғыта жорту, ызғыту.* **2.** *Бәйгеге түсіп, сыналу.* **3.** ауыс. *Зымырау, зулау.* **4.** ауыс. *Қарсы тұру, бетпе-бет келу.* **5.** *Тас-талқанын шығару, жермен-жексен ету.* **6.** ауыс. *Жаулап алу, басып алу.* **7.** ауыс. *Жеңу, басым түсу.* **8.** ауыс. *Құрту, жою, жоқ қылу.*

**Шапқан аттай.** *Ызғытып шапқылаған ат секілді тез, көзді ашып-жұмғанша.* **Шапқан аттай желіккен дау-жанжал.** *Ел ішін ала-құйындатқан, елірмеге дем болған ерегіс, егес.*

**ШАП[2]=** ет. **1.** *Өткір құралмен кесу.* **2.** *Ағашты балталау, шапқылау.* **3.** *Шөп ору.*

**Шапқан шөптей баудай түсті.** *Жапырыла құлады; қырылды.*

**ШАП[3]=** ет. *Бір нәрсеге жұғу, ұстап қалу.*

**ШАП[4]: шап берді.** *Тарпа бас салды, тұра ұмтылды.*

**Шап ете қалды.** *Бір сөзге келмей, тыз етіп ашуланды.* **Шап ете түсті.** *Бір сөзге келмей тыз етіп ашуланды; тап берді.* **Шап етті.** а) *Кенеттен бас салды, тап берді.* ә) *Бір сөзге келмей тыз етіп ашуланды; тап берді.* **Шап келді.** *Тап берді, ойламаған жерден кез болды.*

**ШАПАҒАТ** [ар. شفاعت ] зат. *Рақым, мейірім, шарапат.*

**Шапағатын көрді.** *Көмегі тиді, шарапатын көрді.* **Шапағаты тиді.** *Пайдасы болды, көмек жасады.*

**ШАПАҒАТТЫ** сын. *Мейірімді, рақымды, қайырымды.*

**ШАПАҒАТШЫ** зат. діни. *Мұсылмандардың бұл дүниелік күнәсінің Құдай алдында кешірілуін сұрап, қамқор, қорғаныш болатын Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың әрекетін білдіретін ұғым.*

**ШАПАҒАТШЫЛ** сын. *Рақым, мейірім жасағыш, жақсылық етуші.*

**ШАПАҒҰЛ** зат. ескікіт. *Шабуылдаушы.*

**ШАПАЙЫЛ** зат. *Аттың шабын ала тартылатын айыл, артқы айыл.*

**ШАПАҚ** зат. *Күннің шығар немесе батар кезіндегі қызыл арай сәулесі.*

**Шапақ атсын.** жерг. *Өлім арты қайырлы болсын.* **Шапақ шашты.** *Нұрын төкті, сәулесін шашты.*

**ШАПАҚТА=** ет. **1.** *Шапалақпен ұру, соғу.* **2.** ауыс. *Көңіл жұбату.*

**ШАПАҚТАН=** ет. *Күннің шапақ атуы, сәуле шашуы.*

**ШАПАҚТАНУ** *Шапақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАҚТАУ** *Шапақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАҚТЫ** сын. *Қызыл арайлы, сәулелі.*

**ШАПАЛАҚ** зат. *Қолдың алақаны.*

**Шапалақ ду ете түсті.** *Алақаны ысып кетті.* **Шапалақ жеді.** *Шапалақпен ұрылды, соғылды, таяқ жеді.* **Шапалақпен тартып жіберді.** *Шапалақтады, шапалақпен салып қалды.* **Шапалақ соғылды.** *Алақан ұрылды, қошемет көрсетілді.* **Шапалақ соқты [ұрды].** *Қол соғып қошеметтеді.*

**ШАПАЛАҚТА=** ет. **1.** *Шапалақпен ұру, соғу.* **2.** *Қол соғу, алақан соғу.*

**ШАПАЛАҚТАС=** ет. **1.** *Шапалақпен ұрысу.* **2.** ауыс. *Шапылдасу, шалпылдасу.*

**ШАПАЛАҚТАСУ** *Шапалақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАЛАҚТАУ** *Шапалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАН** зат. этн. *Астарына жүн не мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты матамен қаптаған, іші астарланған кәделі киім.*

**Шапан жапты [кигізді].** этн. а) *Сый тартты, құрмет көрсетті.* ә) *Айып тартты, айыбын өтеді.* **Шапан киді.** этн. *Сый алды, сый-құрметке ие болды.*

**ШАПАНДЫ** сын. *Шапаны бар, шапан киген.*

**ШАПАНДЫҚ** сын. *Шапан тігуге жарамды (кездеме, мата).*

**ШАПАНША** зат. *Кішкене, шағын, жеңіл шапан.*

**ШАПАНШАҢ** үст. *Үстінде шапаны ғана бар, шапан ғана жамылған.*

**ШАПАН-ШАПҚЫТ** зат. *Аздаған құрмет, сыйлық.*

**ШАПАТА** зат. жерг. ***Шабата*** *(көннен, шикі теріден, жөкеден істелген өкшесіз кебіс, шәркей).*

**ШАПАТТА=** ет. жерг. *Ұру, соғу, шапалақтау, сабалау.*

**ШАПАТТАС=** ет. жерг. *Шапалақтасу, ұрысу, сабаласу.*

**ШАПАТТАСУ** *Шапаттас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАТТАТ=** ет. *Ұрғызу, соқтыру.*

**ШАПАТТАТУ** *Шапаттат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАТТАУ** *Шапатта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПАТЫ** сын. жерг. **1.** *Ұзын да, қысқа да емес; шамалы, шағын (дене).* **2.** *Шамалы, жұқалтай, болмашы, болар-болмас.*

**ШАПАТЫЛЫҚ** зат. *Шағын денелілік, шамалылық.*

**ШАПАШОТ** зат. *Бірыңғай ағаш шабатын, имек ағашқа сапталған, ұңғыдан төменгі жағы ұзынша келген, шот пішінді жеңіл шағын құрал, шот.*

**ШАПИТО** [франц. chapiteau] зат. *Негізінен цирк ойын-сауығына арналған театр ғимаратының уақытша түрі.*

**ШАПКЕ** [ор. шапка] зат. сөйл. ***Қалпақ.***

**ШАПҚАТ** зат. кіт. ***Шапағат.***

**ШАПҚАТАРЛА=** ет. *Бір түйенің басын құйрық жағына, екіншісінің, керісінше, құйрығын басына қаратып айқастыра байлау.*

**ШАПҚЫ[1]** зат. **1.** *Қатты затты (темір, тас т.б.) кесу үшін асыл темірден жасалған кескіш.* **2.** жерг. *Ағашты жонып тегістеуге арналған құрал.*

**ШАПҚЫ[2]** зат. *Жер өңдеуге арналған құрал.*

**ШАПҚЫ[3]** зат. *Мылтық патронының пестонын ұрып, дәріге от алдыратын шаппа темір.*

**ШАПҚЫ[4]** сын. *Жүйрік (ат туралы).*

**ШАПҚЫ[5]** зат. жерг. ***Балта.***

**ШАПҚЫЗ[1]=** ет. **1.** *Орғызу, пішен шаптыру.* **2.** *Жасату, даярлату.*

**ШАПҚЫЗ[2]=** ет. **1.** *Шаптыру, хабар жіберу.* **2.** *Бәйгеге ат қостыру.*

**ШАПҚЫЗУ** *Шапқыз етістігінің қимыл атауы; шаптыру, хабар жіберу.*

**ШАПҚЫЛА[1]=** ет. **1.** *Дамыл таппай, атпен шабу.* **2.** *Асыр салып жүгіру.* **3.** ауыс. *Заулау, зымырау.* **4.** ауыс. *Әбігер болу, әурелену.*

**ШАПҚЫЛА[2]=** ет. *Қайта-қайта шабу, кескілеу.*

**ШАПҚЫЛАС=** ет. **1.** *Атпен шабысу; құлынтайдың асыр салып ойнақтауы.* **2.** ауыс. *Әбігер болысу, әуреленісу.*

**ШАПҚЫЛАСУ** *Шапқылас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПҚЫЛАТ=** ет. **1.** *Қайта-қайта шапқылау.* **2.** ауыс. *Зулату, зымырату.*

**ШАПҚЫЛАТУ** *Шапқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПҚЫЛАУ** *Шапқыла етістігінің қимыл атауы; әбігерлену, әуре болу.*

**ШАПҚЫН[1]** зат. *Шабуыл, ұрыс.*

**Шапқынға ұшырағандай.** *Астан-кестен, ойран-топыры шыққан.*

**ШАПҚЫН[2]** зат. *Болған уақиғаны жеткізетін хабаршы, шапқыншы.*

**ШАПҚЫНДА=** ет. *Шабуылдау, ұрыс салу.*

**ШАПҚЫНДАУ** *Шапқында етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПҚЫНДЫҚ** сын. *Шабуылдық, ұрыс салған.*

**ШАПҚЫНШЫ[1]** зат. *Басқа бір елді немесе мемлекетті күштеп жаулап алушы, басқыншы.*

**ШАПҚЫНШЫ[2]** зат. *Болған істі, уақиғаны жеткізетін, айтатын хабаршы.*

**ШАПҚЫНШЫЛЫҚ** зат. *Басқа елдің жерін басып алу үшін жасалған қарулы шабуыл, басқыншылық.*

**Шапқыншылыққа ұшырады.** *Дүние-мүлкі талан-таражға, халқы құлдыққа түсті.*

**ШАПҚЫР** сын. *Шапқыш, қапқыш.*

**ШАПҚЫШ[1]** зат. жерг. **1.** ***Шапқы.*** **2.** сөйл. ***Балта.***

**ШАПҚЫШ[2]** сын. *Атқа шабуға төселген, дағдыланған.*

**ШАПҚЫШ[3]** сын. *Бір нәрсені шаба білетін, кескіш.*

**ШАППА[1]** зат. *Мылтықтың патрон пестонын ұрып от алдыратын қайырмасы; шапқы.*

**ШАППА[2]** зат. жерг. *Қалтаға салып жүруге ыңғайлы бүктеме пышақ; бәкі.*

**Шаппа домбыра.** этн. *Шанағын тұтас ағаш кесіндісінен ішін ойып, шауып жасайтын домбыра.*

**ШАППА[3]** зат. жерг. *Есікті жабатын темір тілшік; ілгек.*

**ШАППА[4]** зат. жерг. *Шөбі шауып алынған жер, шабындықтың орны.*

**ШАППАЛЫ** сын. *Шаппасы бар (мылтық).*

**ШАППАТТАЙ** сын. жерг. *Кішкентай, титімдей.*

**ШАППА-ШАП** үст. *Қолма-қол, бетпе-бет.*

**Шаппа-шап келді.** *Бетпе-бет ұшырасты.*

**ШАППАШОТ** зат. сөйл. ***Шапашот.***

**ШАППАШОТТАЙ** сын. *Шаппашот сияқты, шаппашот тәрізді.*

**ШАППА-ШҰП** үст. *Жалма-жан, шарт-та-шұрт.*

**ШАПТА=** ет. **1.** *Бір нәрсені екінші нәрсеге жапсыру.* **2.** *Шабынан қысып тарту, бекіту.* **3.** ауыс. *Шағыстыру, біреудің қолтығына су бүрку, біреуді біреуге айдап салу.*

**ШАПТАЛ=** ет. *Жапсырылу.*

**ШАПТАЛУ** *Шаптал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТАРТПА** зат. жерг. *Шаптан тартылатын қосымша тартпа.*

**ШАПТАСТЫР=** ет. *Пішіліп жатқан матаның жетпей қалған жерін қиюластырып құрау.*

**ШАПТАС=** ет. жерг. *Соңына түсу, айналысу.*

**ШАПТАУ**[1] зат. жерг. *Жылқының шабынан тартылатын айыл, тартпа; шап айыл.*

**ШАПТАУ**[2] зат. *Шапайыл, тартпа.*

**ШАПТАУ** жерг. *Шапта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТЫҒУ** *Шаптық етістігінің қимыл атауы; өршелену, беттен алу.*

**ШАПТЫҒЫС=** ет. *Шабаланысу, беттерінен алысу.*

**ШАПТЫҒЫСУ** *Шаптығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТЫҚ=** ет. **1.** *Өршелену, шабалану.* **2.** ауыс. *Беттен алу, ұрысу, тілдеу.* **3.** ауыс. *Толқынның жағаға соғып шапшуы.*

**ШАПТЫҚПА** сын. *Ашуланшақ, ұрысқақ. // Ашуланшақ, өршеленіп кететін мінез.*

**ШАПТЫҚТЫР=** ет. *Ашуландыру, долдандыру.*

**ШАПТЫҚТЫРУ** *Шаптықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТЫР**[1]**=** ет. *Кісі жіберу, шақырту.*

**ШАПТЫР**[2]**=** ет. қарап. *Тік тұрып зәр сындыру.*

**ШАПТЫР**[3]**=** ет. кәс. *Арқанды жазып салу, жылымның арқанын суға жазып тастау.*

**ШАПТЫРМА: шаптырма арқан.** кәс. *Жылым аудың екі жағына тағылған ұзын кендір арқан.*

**ШАПТЫРТ**[1]**=** ет. *Кісі жіберту, шақырту.*

**ШАПТЫРТ**[2]**=** ет. *Кестірту, шапқызу.*

**ШАПТЫРТУ** *Шаптырт етістігінің қимыл атауы*

**ШАПТЫРУ** *Шаптыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТЫРЫЛ=** ет. *Бәйгеге түсіп, ат жарыстырылу.*

**ШАПТЫРЫЛУ** *Шаптырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПТЫРЫМ** зат. этн. *Көбінесе ат көлігіне қатысты қашықтықты білдіретін халықтық өлшем [Мысалы: атшаптырым, тайшаптырым, құнаншаптырым].*

**ШАПША** зат. кәс. *Пісіп жетілмеген қауын, пісуге жақындап тұрған қауын.*

**ШАП-ШАҒЫН** сын. *Аумағы, көлемі кіп-кішкене, ықшамды.*

**ШАПШАҚ** зат. *Ағаштан құрсау салып жасалған қымыз ашытатын ыдыс.*

**ШАП-ШАҚ** сын. *Құйып қойғандай, дәпдәл.*

**ШАПШАҚ: құрама шапшақ.** этн. *Қымыз ашыту үшін ағаштан кіріктіріп жасалған ыдыс, күбінің бір түрі.*

**ШАПШАҚАЙ** зат. *Құстың түрі.*

**ШАПШАҢ** үст. *Тез, жылдам.*

**Шапшаң әрекетті жад.** инф. <ағыл. hihg speed storage> *Сыйымдылығы үлкен операциялық жадтан таңдаудың салыстырмалы үлкен уақыты мен операцияларды орындаудың аз уақытын сәйкестендіру үшін өнімділігі жоғары процестерде буферлік жад ретінде пайдаланылатын таңдау уақытының циклі аз жад.* **Шапшаң нейтронды реактор.** физ. *Ядролық отын бөлінуінің тізбекті реакциясы шапшаң нейтрондар арқылы жүзеге асатын ядролық реактор.* **Шапшаң перне.** инф. <ағыл. fast key> *Бірнеше менюден өтпестен, қажетті әрекетке шапшаң өтуді жүзеге асыратындай бағдарламаланған перне.*

**ШАПШАҢБАЙ** зат. сөйл. *Жұмысты, істі тез, жылдам орындаушы.*

**ШАПШАҢДАТ=** ет. *Бір нәрсені тездете істеу, жылдам қимылдау.*

**ШАПШАҢДАТҚЫШ** сын. *Шапшаңдатушы, тездетуші.*

**ШАПШАҢДАТУ** *Шапшаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПШАҢДАТЫЛ=** ет. *Тездетілу, жылдамдатылу.*

**ШАПШАҢДАТЫЛУ** *Шапшаңдатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПШАҢДАТЫҢҚЫРА=** ет. *Тездете, жылдамдата түсу.*

**ШАПШАҢДАТЫҢҚЫРАУ** *Шапшаңдатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПШАҢДАУ** сын. *Жылдамдау, тездеу.*

**ШАПШАҢДЫҚ** зат. **1.** *Қимыл-әрекеттегі тездік, жылдамдық.* **2.** инф. *Белгілі бір уақыт аралығында орындалатын әрекеттердің саны арқылы есептеу жүйесінің өнімділігін сипаттайтын параметр.*

**ШАПШАҢДЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Шапшаңдық.***

**ШАПШАҢЫРАҚ** үст. *Тезірек, жылдамдырақ.*

**ШАПШУ** *Шапшы етістігінің қимыл атауы.*

**ШАП-ШҮП: шап-шұп жетті.** *Зорға жетті.*

**ШАПШЫ=** ет. **1.** *Сұйық заттың сыртқа атылып шығуы.* **2.** *Бір жаққа қарай секіру, ыршу, қашу.*

**ШАПШЫ** зат. жерг. *Киізден істелген бұйымдарды жақсылап істеуші маман адам.*

**ШАПШЫМА**[1] сын. *Шапшып, атылып тұрған (су).*

**ШАПШЫМА**[2] зат. *Құлама су.*

**ШАПШЫМАЛЫ** сын. *Жоғары қарай атқылағыш, шапшығыш.*

**ШАПШЫҢҚЫРА=** ет. *Әуелгіден гөрі шапши түсу.*

**ШАПШЫҢҚЫРАУ** *Шапшыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПШЫТ=** ет. *Шашырату, атқылату.*

**ШАПШЫТУ** *Шапшыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫЛДА=** ет. *Шап-шап етіп беттен алу, ұрсу.*

**ШАПЫЛДАҚ** сын. *Беттен алғыш, ұрысқақ. // Ұрысқақ адам.*

**ШАПЫЛДАС=** ет. *Ұрсысу, беттен алысу.*

**ШАПЫЛДАСУ** *Шапылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫЛДАУ** *Шапылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫРАШ** сын. *Көзі қисық, қыли.*

**ШАПЫРАШТАН=** ет. *Қиғаштану, қылилану, қисықтану.*

**ШАПЫРАШТАНДЫР=** ет. *Қиғаштандыру, қылиландыру.*

**ШАПЫРАШТАНДЫРУ** *Шапыраштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫРАШТАНУ** *Шапыраштан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫРАШТАУ** сын. *Қиғаштау, қылилау, қисықтау.*

**ШАПЫРАШТЫҚ** зат. *Көздің қисықтығы, қиғаштығы, қылилық.*

**ШАПЫРЛА=** ет. *Көп болу, жыпырлау, топырлау.*

**ШАПЫРЛАС=** ет. *Жыпырласу, топырласу.*

**ШАПЫРЛАСУ** *Шапырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫРЛАТ=** ет. *Жыпырлату, топырлату.*

**ШАПЫРЛАТУ** *Шапырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫРЛАУ** *Шапырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАПЫР-ШҰПЫР** елік. *Сарт-сұрт, апыртапыр.*

**ШАР**[1] зат. **1.** геом. *Дөңгелектің өз диаметрінен айналуынан пайда болатын геометриялық дене.* **2.** *Осы геометриялық дене формалас домалақ (зат).*

**Шар сегменті.** *Шар мен кез келген жазықтықтың қиылысуынан шығатын шар бөлігі.* **Шар түйме.** *Әйелдің сабақты күміс түймесі.* **Шар табақтай.** *Өте үлкен, быттиған.*

**ШАР**[2] зат. *Той-томалақ, мерекелік кештерді әсемдеу үшін тағылатын резеңкеден жасалған жұқа үрмелі зат.*

**ШАР**[3] зат. көне. **1.** *Дауыс бергенде, сайлағанда жасырын салынатын домалақ тас.* **2.** ауыс. *Дау-дамай, талас-тартыс.*

**Шарға түсті.** көне. *Сайлауда жасырын дауысқа түсті.* **Шар салды.** **тар.** көне. *Болысты сайлауға дауыс берді, сайлау тасын салды.* **Шары шықты.** *Ойлағаны іске асты, жолы болды.*

**ШАР**[4] зат. жерг. *Шама, қайнатқан шайдың қалдығы.*

**ШАР**[5] зат. **1.** егіншар. *Астықтың үгітілген, бірақ қауызынан ажырамаған басы.* **2.** *Қиқымсиқым, шөп-шалам, қауыз.*

**ШАР**[6] зат. жерг. *Шұбырған көп із, шиыр.*

**ШАР**[7] зат. жерг. *Шарық, шарық қайрақ.*

**Шарға ұстады.** *Қайрады, өткірледі.* **Шар болат.** *Таза, сапасы жоғары болаттан жасалған қылыш.* **Шар қайрақ.** *Темірді қайрауға арналған қайрақ.*

**ШАР**[8] сын. жерг. *Ашулы, ызалы.*

**ШАР**[9] елік. *Кенеттен, оқыс шыққан жағымсыз, ащы дауысты бейнелейтін сөз.*

**Шар етті [ете қалды].** а) *Жағымсыз үнмен қатты дауыстап жіберді.* ә) *Кенеттен қатты дауыстап жылады.*

**ШАР**[10]**: шар тартты.** а) *Егде тартты, жасы ұлғайды; шау тартты.* ә) *Самарқауланды, жалқауланды.*

**ШАРА**[1] зат. **1.** *Сұйық тағамға арналып, ағаштан жасалған пішіні дөңгелек, іші шұңғыл үлкен ыдыс, аяқ.* **2.** ауыс. *Көздің ұясы, ойдымы.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің аумағы, деңгейі.*

**Шара аяқ.** *Сусын ішетін үлкен аяқ.* **Шарасынан асты [шықты].** *Шамадан артып кетті, шектен шықты.* **Шарасына түсті.** *Қалпына, сабасына келді, саябыр тапты.*

**ШАРА**[2] зат. **1.** *Белгілі бір жұмысты орындау үшін қолданылатын амал, айла.* **2.** *Келешекте істелетін іс, міндет.*

**Шара бар ма?** *Амал жоқ, дәрмен жоқ деген мәндегі сөзқолданыс.* **Шара жоқ.** а) *Амалы жоқ, дәрменсіз.* ә) *Емі жоқ, дауасы жоқ.* **Шара қолданды.** а) *Жолын тапты, амал істеді.* ә) *Жазалады, кінәлады, айыптады.* **Шараң қанша.** *Амал жоқ, дәрменсіз.* **Шарасы болмады.** *Амалы қалмады, дәрменсіз күйге түсті.* **Шарасы таусылды.** *Амалы құрыды, дәрмені болмады.* **Шара таппады.** *Амалын таппады, дәрменсіз күйге түсті.*

**ШАРАҒАТ** зат. діни. ***Шариғат.***

**ШАРАҒАТШЫЛ** сын. діни. *Шариғат айтуға құмар.*

**ШАРАДАЙ** сын. **1.** *Шара сияқты, шара тәрізді.* **2.** ауыс. *Үлкен, дәу.*

**Шарадай [шақшадай] басы шақшадай [шарадай] болды.** *Не істерін білмей, дел-сал болды, басы қатты.*

**ШАРАЙ: шарай топ.** жерг. *Шаршытоп, жиын.*

**ШАРАЙНА**[1] зат. **1.** *Анық көрсететін үлкен төрт бұрышты айна.* **2.** ауыс. *Айнадай тұнық, мөлдір.* **3.** ауыс. *Қорғаныш, тірек, сүйеу.*

**ШАРАЙНА**[2] [ар. چارآینه ] зат. көне. *Найза мен семсерден қорғану үшін батырлар киетін болат көкірекше.*

**Шарайна белдік.** *Қайыс бауға ілгек арқылы бекітілген шарайнасы бар белдік.* **Шарайнасы шалқасынан екен.** *Кесірлі, кесапатты адам туралы айтылады.*

**ШАРАЙНАДАЙ** сын. *Шарайна сияқты, шарайна тәрізді.*

**ШАРАЙЫН** сын. жерг. *Ұят, өрескел.*

**ШАРАЛАН=** ет. *Көзі шарасынан шығу, үлкею.*

**ШАРАЛАНУ** *Шаралан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРАЛЫ** сын. *Аумақты, үлкен (көз).*

**ШАРАНА** зат. **1.** *Жатырдағы төлді, нәрестені қоршап тұратын жұқа қабыршақ, шырыш.* **2.** *Қойдың ай, күні жетілмей іш тастаған қозысы.* **3.** ауыс. *Нәресте, сәби.*

**Шаранадан шайқап өсірген.** *Өз қолында өскен, бала күннен көз алдында өскен, жастайынан өзі тәрбиелеп өсірген.* **Шаранасы кеппеген [тазармаған].** а) *Жаңа туған жас нәресте, сәби.* ә) *Есін жия қоймаған, жас.*

**ШАРАНАЛАС** сын. *Бір анадан туған, бауыр.*

**ШАРАНАТОҒЫ** зат. *Төлдің уыз емген кездегі нәжісі.*

**ШАРАП** [ар. شراب ] зат. *Қышқыл дәмді, түр-түсі әртүрлі, спирт қосылған ішімдік.*

**Шарап қышқылы.** хим. *Екі негізді органикалық қышқыл; суда жақсы, спиртте нашар еритін түссіз кристалдар.* **Шарап өнеркәсібі.** *Тамақ өнеркәсібінің жүзім және жеміс-жидек шарабын, аққайнар, коньяк өндіретін саласы [Шарап өндірісі екі кезеңнен тұрады: алғашқысында – жүзім ұсақталып, шарап материалдары дайындалады, екінші кезеңде шарап материалдарына тиісті дәм, хош иіс және бұзылмайтын және т.б. сапа беру үшін оларды қайта өңдеу және белгілі бір мезгілде сақтау процестері жүреді].* **Шарап спирті.** хим. *Бір атомды, қаныққан, өзіне тән иісі бар, түссіз сұйық спирттердің бірі.*

**ШАРАПАТ** [ар. شرافة ] зат. *Біреуге жасалатын қайырым, мейірім, жақсылық.*

**Шарапаты тиді.** *Біреуге жақсылық жасады, қайырымдылық көрсетті.*

**ШАРАПАТСЫЗ** сын. *Шапағаты жоқ, шапағат болмай, шарапаты тимей.*

**ШАРАПАТТЫ** сын. **1.** *Қайырымды, мейірімді.* **2.** *Пайдалы, тиімді.*

**ШАРАПАТТЫЛЫҚ** зат. *Қайырымдылық, шарапатын тигізушілік.*

**ШАРАПҚҰМАР** сын. *Ішкіш, ішімдікті жақсы көретін, маскүнем.*

**ШАРАПҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Шарап ішкіштік, ішімдікті жақсы көрушілік, маскүнемдік.*

**ШАРАПТАЙ** сын. *Шарап сияқты, шарап тәрізді.*

**ШАРАПХАНА** зат. *Шарап сататын дүкен.*

**ШАРАПШЫ** зат. *Шарап сатушы адам.*

**ШАРАПШЫН** зат. жерг. *Дәке, мәрлі.*

**ШАРАСЫЗ** сын. *Істер амалы жоқ, амалсыз, лажсыз. // Дәрменсіз адам.*

**Шарасыз иондар**. кен. *Кен байыту процестерінде пульпада табиғи түрде кездесетін иондар.*

**ШАРАСЫЗДАН** үст. *Амалсыздан, лажсыздан.*

**ШАРАСЫЗДАН=** ет. *Амалы құру, лажсыздану.*

**ШАРАСЫЗДАНУ** *Шарасыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРАСЫЗДЫҚ** зат. *Амалы жоқтық, дәрменсіздік, лажсыздық.*

**ШАРАФАТ** зат. сөйл. ***Шарапат.***

**ШАРАЯҚ** зат. *Сұйық тамақ ішуге арналған шұңғыл, дөңгелек үлкен ыдыс.*

**ШАРБАҚ** зат. **1.** *Тал, қараған, мойыл т.б. құрылыс материалдарынан жерге қада қағу арқылы тоқылған қоршау.* **2.** *Сырты шарбақпен қоршалған қора, аула.* **3.** кәс. *Құрма аудың екі басының арасындағы бос алаң, бос жер.*

**Шарбақ жүзік.** зерг. *Шығыршыққа қондырған бөлігі төртбұрыш пішінді болып келетін, оған (кейде) асыл тас қондырылатын жүзік түрі.* **Шарбақ ошақ.** этн. *Бірнеше тіреуіштен тұратын, темір қадалардан қиюластырылып жасалған ошақтың түрі.* **Шарбақ үй.** *Қаңқасы бұтақтарымен шабақталған шарбақтан құрастырылып, іші-сырты сыланып тасталатын мекен-жай.*

**ШАРБАҚТА=** ет. *Бір нәрсенің айналасын қоршау, шарбақ жасау.*

**ШАРБАҚТАЛ=** ет. *Шарбақ жасалу, шарбақ орнатылу.*

**ШАРБАҚТАЛУ** *Шарбақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРБАҚТАУ** *Шарбақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРБАҚТЫ** сын. *Шарбағы бар, шарбақпен қоршалған.*

**ШАРБАҚША** зат. *Кішкене, шағын шарбақ.*

**ШАРБАТ** зат. сөйл. ***Шәрбат.***

**ШАРБАТШЫ** зат. *Аспаз.*

**ШАРБОЛАТ** зат. **1.** ***Шарайна.*** **2.** *Өте берік, құрыш, асыл болат.*

**ШАРБЫ** зат. *Малдың, аңның қарнын орап тұратын жұқа май.*

**Шарбы бұлт.** *Селдір, сирек бұлт.* **Шарбы киіз.** этн. *Жүн жұқа салынып, жұқалтаң етіп басылған киіз, текемет.*

**ШАРБЫМҰЗ** зат. *Су бетіндегі ұсақ мұз кристалдарының қалың қабаты.*

**ШАРБЫЛАН=** ет. **1.** *Шарбы пайда болу, семіру.* **2.** ауыс. *Селдіреп тұтасу.*

**ШАРБЫЛАНУ** *Шарбылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРҒА**[1] зат. жерг. *Шама-шарқы, мүмкіндік, қабілет.*

**Шарғасы жетпеді.** жерг. *Амалы жоқ, лажсыз, амалсыз.*

**ШАРҒА**[2] сын. *Әлсіз, күйсіз (мал).*

**Шарға ұстаған қара балта.** бейн. *Бұл жерде қайрауы жеткен, бапталған қару-жарақ бейнеленіп отыр.*

**ШАРҒА**[3] сын. ***Шарғы***[3].

**ШАРҒАЛАУ** сын. сөйл. ***Шарғылау.***

**ШАРҒИ** ар. сын. ескі кіт. *Заңды, шариғатқа сай.*

**ШАРҒИ** зат. діни. *Шариғат ережелері.*

**ШАРҒИ: шарғи кітап.** діни. ескі кіт. *Шариғат ережелері жинақталған диуани кітап.*

**ШАРҒИЯ** зат. көне. *Заң, ереже.*

**ШАРҒЫ**[1] зат. діни. *Ислам дінінің жолы, шариғат заңы.*

**ШАРҒЫ**[2] зат. этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамында ұзатылған қыздың соңынан ерген сіңлісіне өзінің жолын тілеп, тақиясын, бөркін ырымдап беру салты.*

**ШАРҒЫ**[3] сын. **1.** *Қысқа бойлы, аласа, тапал (адам).* **2.** ауыс. *Шамалы, аз.*

**ШАРҒЫ**[4]**: шарғы жіп.** *Домалақтаған жіп.*

**ШАРҒЫЛАУ** сын. *Қысқалау, тапалдау.*

**ШАРДАҚ**[1] зат. жерг. ***Шарбақ.***

**ШАРДАҚ**[2] зат. жерг. *Жермай шамның шілтері.*

**ШАРДАҚ**[3] сын. *Дәрменсіз, әлсіз.*

**ШАРДӘРІ** зат. *Халық емшілерінің шипалық қасиеті бар әртүрлі заттардан қосып жасаған дәрісі.*

**ШАРЖ** [франц. charge] зат. **1.** *Сатиралық немесе юморлық суретті бейне.* **2.** *Осы стильде орындалған бейнелеу өнерінің шығармасы.*

**ШАРЖАУ: шаржау қауын.** кәс. *Ақсары түсті, сыртындағы торы сирек және торы тек сабақ жағына жақын жерде болатын қауын. Бұл сөз Шаржау деген жер атынан алынған.*

**ШАР-ЗОНД** зат. *Аэрологиялық аспаптарды (метеорограф немесе радиозонд) аспан кеңістігіне көтеретін, ішіне сутек немесе гелий толтырылған ауа шары.*

**ШАРИҒАТ** [ар. شريعة ] зат. діни. *Мұсылмандардың иманын айқындап, адамгершілік мұраттары мен діни ұжданын қалыптастыратын, сондай-ақ олардың мінез-құлқын реттеуші нақтылы өлшемдер бастауы болып табылатын, Құран Кәрім және сунна арқылы пысықталған нұсқаулар жиынтығы.*

**Шариғат бұзды.** діни. *Мұсылмандық ережелеріне қайшы келді.* **Шариғат жолын тұтты.** діни. *Дін (ислам) қағидаларын сақтады.* **Шариғатқа сыймады.** діни. *Ислам ережесіне сай келмеді.* **Шариғатпен кескен бармақ ауырмас.** *Ақылдасып, келісіп жасаған іс пайдалы болмақ.* **Шариғаттың бұйрығы.** діни. *Шариғаттың жолы, тура жол.*

**ШАРИҒАТШЫЛ** сын. *Шариғат айтқыш, шариғатқа құмар.*

**ШАРИК** зат. сөйл. *Кішкене келген домалақ зат.*

**ШАРИФ** [ар. شريف ] зат. ескі кіт. *Текті, қасиетті; Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбардың немересі Хасеннен тараған ұрпақтарына берілген құрметті атақ.*

**ШАРҚ**[1] зат. *Қуат, әл, шама.*

**ШАРҚ**[2]**: шарқ етті [ете қалды].** *Шақ ете қалды, тыз етпе мінез көрсетті.*

**ШАРҚ**[3]**: шарқ ұрды**. *Ешбір тыным таппады, аласұрды.*

**Шарқ ұрды.** *Жер-көкті шарлап аласұрды.*

**ШАРҚАЙ** зат. сөйл. ***Шәркей.***

**ШАРҚАТ**[1] зат. жерг. **1.** *Әйелдердің басына тартатын тоқыма түбіт шәлі.* **2.** этн. *Жаңа түскен келіннің басына жабатын жібек орамал.*

**ШАРҚАТ**[2] зат. жерг. *Шама, әл, мұрша.*

**ШАРҚАШАУ** зат. кен. *Өз осіне еркін орнатылған және ұңғыма ұңғуетін оның үстімен тербетілуі кезінде бұзып қопаратын құрал.*

**ШАРҚАЯ** сын. жерг. *Бұзақы, ұрысқақ, ашушаң.*

**ШАРҚИ** ар. сын. ескі кіт. *Шығыс, шығыстық.*

**ШАРҚЫ** сын. *Шама-шарқы төмен, әлсіз.*

**ШАРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шаңқылдау, саңқылдау (адамның үн шығаруы туралы).* **2.** *Сартылдау, тарс-гүрс ету (бір нәрсенің тарсыл-гүрсіл етуі).*

**ШАРҚЫЛДАС=** ет. сөйл. *Ұрысу, керісу.*

**ШАРҚЫЛДАСУ** *Шарқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРҚЫШ** сын. жерг. *Салдырап қалған, ескі, көне.*

**ШАРЛА**[1]**=** ет. **1.** *Көп жерді аралап кезу, қыдыру.* **2.** *Тінту, іздеу.*

**Шарлап өтті [шықты].** а) *Кезіп шықты.* ә) *Тексеріп өтті.*

**ШАРЛА**[2]**=** ет. *Бидайдың шарын тазалау, тазарту.*

**ШАРЛАҚ** ар. зат. ескі кіт. *Шардақ, қарауыл қарайтын орын.*

**ШАРЛАМА** зат. жерг. *Уызға ұн қосып, майға пісірілетін тағам* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

**ШАРЛАН**[1]**=** ет. *Шыр пайда болу, майлану, семіру.*

**Шарланған бие.** *Құлыны өліп не құлынын қасқыр жеп, басқа биенің құлынына телінбей, мүлде су алып кетіп, семірген бие.*

**ШАРЛАН**[2]**=** ет. *Қырмандағы астықтың қызылданып, желге ұшырылып, шөп-шардан арылтылуы.*

**ШАРЛАНУ** *Шарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЛАС=** ет. *Бірге қыдыру, кезу.*

**ШАРЛАСУ** *Шарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЛАТ=** ет. **1.** *Аралату, кездіру.* **2.** *Іздету, тінткізу.*

**ШАРЛАТАН** [франц. charlatan] зат. *Өзін білгір, маман етіп көрсететін дүмше, алдаушы.*

**ШАРЛАТАНДЫҚ** зат. *Алдауыштық, алдампаздық.*

**ШАРЛАУ**[1] зат. *Малдың әрлі-берлі өткен іздері.*

**ШАРЛАУ**[2] *Шарла етістігінің қимыл атауы; қыдыру, аралау, кезу.*

**ШАРЛАУШЫ** сын. *Қырмандағы астықты желдетіп, оның дәнін тазалаушы.*

**ШАРЛАШ** сын. жерг. *Бұзақы, тентек.*

**ШАРЛЫ**[1] сын. *Шары бар, шар орнатылған.*

**Шарлы беттітіреу.** кен. *Конусты ұсатқыштың білікке орнатылған қозғалмалы конусының астыңғы шарлы беті тірелетін бөлігі.*

**ШАРЛЫ**[2] сын. *Шөп-шаламы тазармаған, қауызы аралас (астық туралы).*

**Шарлы диірмен.** кен. *Кенді ұнтақтауға арналған диірмен.*

**ШАРМАЙ**[1] зат. зоол. <лат. shirothorax> *Улы балықтың бір түрі; тау өзендері мен көлдерін мекендейтін қабыршық бояуы құбылмалы тұщы су балығы.*

**ШАРМАЙ**[2]**: бетінен шармай алды.** *Беттен алды, шап ете қалды.*

**ШАРПУ**[1] зат. *Ықпал, әсер.*

**Шарпуын тигізбеді.** *Қарсы тұрды, бөгет болды.* **Шарпуы тимеді.** *Кесірі тимеді, әсер етпеді.*

**ШАРПУ**[2] *Шарпы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *От жалынының, будың тиюі, қарпу.* **2.** ауыс. *Қамту, тию, әсер ету.*

**ШАРПЫ=** ет. *От жалынының, будың тиюі; шалу, қарпу.* **2.** ауыс. *Қамту, тию.*

**ШАРПЫЛ=** ет. *От жалынына, буға тию, қарпылу.*

**ШАРПЫЛА=** ет. *Жемістер мен көкөністерді ыстық сумен, бумен өңдеу; көкөністерді қарайып кетуден сақтау.*

**ШАРПЫЛАУ** *Шарпыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРПЫЛУ** *Шарпыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРПЫС=** ет. *Сөз таластыру, ұрсысу.*

**ШАРПЫСУ** *Шарпыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРПЫТ=** ет. *Әсерін тигізу, қарпыту.*

**ШАРПЫТУ** *Шарпыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРСАУЛЫҚ** зат. *Орта жастағы қой.*

**ШАРТ**[1] зат. **1.** *Міндет, борыш.* **2.** құқық. *Екі және одан көп тараптардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту, тоқтату туралы ерікті келісімі.* **3.** *Керек, қажет деген мағынада.*

**Шарт байлады.** *Қатты таңып, шимайлап, шешілместей байлады.* **Шарт бұзды.** *Келісімді бұзды, келісімді орындай алмады.* **Шарт жасады.** *Келісімге келді, уәделесті.* **Шарт жасасты.** *Шарттасты, шартқа отырды, келісті.* **Шарт жүгінді.** *Тізе бүгіп отырды.* **Шарт қағаз.** сөйл. *Келісімшарт (мекемелер не мекеме мен жеке адамдар арасында жасалған өзара міндеттері туралы жазбаша келісім).* **Шарт қойды [қылды].** *Талап қойды, міндет жүктеді.* **Шарт [талап] қойылды.** *Міндет жүктелді.* **Шартқа отырды.** *Келісімге келді, шарт жасасты.* **Шарт талаптары.** экон. *Шарт жасасушы тараптар шартта белгіленген және оның мазмұнында аталатын талаптар.* **Шарттық баға.** экон. *Шарт жасасу арқылы белгіленген баға.* **Шарттың коды.** инф. <ағыл. condition code> *Бағдарламаның немесе үдерістің нәтижесі ретінде қайталанатын қателер деңгейімен байланысты сандық мән.*

**ШАРТ**[2] үст. *Қатты, мықты, шешілместей.*

**Шарт буынды.** а) *Тас түйін байлады.* ә) *Мықтап бекінді.* **Шарт жұмды.** *Қатты қысты, тас қып жұмды.* **Шарт жүгінді.** *Екі аяғын бүгіп, тізесімен жер тіреп отырды.* **Шарт киінді.** *Белін буынып, жинақы киініп алды.*

**ШАРТ**[3] елік. *Қатты нәрсе сынғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шарт кетті.** а) *Сарт ете түсті, сарт ете қалды.* ә) *Қатты ашуланды, бұрқ ете қалды.* **Шарт сынды.** а) *Сарт ете қалды, сарт ете түсті.* ә) *Бірден морт үзілді.* б) *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.*

**ШАРТА**: **шарта жүгінді.** *Тізе бүгіп отырды, шарт жүгінді.* **Шарта жұмды.** *Шарт жұмды, тарс жұмды.*

**ШАРТАБАҚ** зат. этн. *Тамақ салатын үлкен табақ.*

**ШАРТАБАҚТАЙ** сын. *Жалпиған, үлкен.*

**ШАРТАҚ**[1] зат. жерг. *Бір нәрсені күзету үшін, төрт бөренені биік етіп орнатып, үстіне көлденең тақтай шегелеп жасалған сәкі.*

**ШАРТАҚ**[2] зат. жерг. *Талдан тоқылған шарбақ, қоршау.*

**ШАРТАҚ**[3] зат. жерг. *Құрт, қауын, жеміс жаятын сөре.*

**ШАРТАҚ**[4] зат. жерг. **1.** *Бәйге аттары келетін қарақшы, мәре.* **2.** *Бәйге.*

**ШАРТАҚ**[5] зат. кәс. *Балық салатын кәрзеңке тәрізді ыдыс.*

**ШАРТАЛА=** ет. жерг. кәс. *Суармалы егістікті өңдеу, атыз-арығын жөндеу.*

**ШАРТАЛАУ** *Шартала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТАРАП** [ир. چهارطرف ] зат. **1.** *Дүниенің төрт бұрышы, жан-жақ, төңірек.* **2.** *Алуан түрлі, сан қилы.*

**Шартарапқа жайылды.** *Бүкіл елге тарады, бәріне мәлім болды.*

**ШАРТИ=** ет. *Местей болып үлкею, шертию.*

**ШАРТИТ=** ет. *Шертиту, үлкейту.*

**ШАРТИТУ** *Шартит етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТИЮ** *Шарти етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТНАМА** зат. кіт. *Келісім, шарт жазылған құжат.*

**ШАРТПА-ШҰРТ** үст. ***Шартта-шұрт.***

**ШАРТСЫЗ** сын. *Шарт жасаспаған, келісімсіз.*

**Шартсыз оператор.** инф. <ағыл. unconditional statement> *Тізбектік әрекеттердің мүмкін болатын тек бір ғана нұсқасын анықтайтын оператор бағдарламадағы әрекеттердің орындалу реттілігін, яғни табиғи тізбегін бұзып, тек көрсетілген бір ғана басқа орынға (алға немесе артқа) ауысу мүмкіндігін анықтайтын оператор.* **Шартсыз өту.** инф. <ағыл. unconditional branch> *Берілген мәселені шешу кезінде қандай да бір шарттардың орындалуын тексерместен бағдарламада көрсетілген нүктеге өту.* **Шартсыз рефлекстер.** биол. *Туа пайда болған, биологиялық тұрғыдан ағзаның әртүрлі ішкі немесе сыртқы әсерлерге орталық жүйке жүйесінің қатысуымен беретін жауабы.*

**ШАРТТАЛ=** ет. *Шартқа түсу, шарттылыққа құрылылу.*

**ШАРТТАС=** ет. *Келісімшарт жасасу, келісу.*

**ШАРТТАСТЫҚ** зат. *Байланыстылық, іліктестік.*

**ШАРТТАСУ** *Шарттас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТТА-ШҰРТ** үст. *Шат-шәлекей, сатыр-сұтыр.*

**ШАРТТЫ** сын. **1.** *Шарттасқан, белгіленген, уәделескен.* **2.** *Жобамен, шамамен.*

**Шартты баға.** экон. *Өнімді өндіруші (сатушы) мен тұтынушы (сатып алушы) арасындағы уағдаластық бойынша белгіленген баға.* **Шартты бағыныңқылы сабақтас.** лингв. *Бағыныңқы сөйлемі шартты рай тұлғасында қолданылатын, шарттық мағынаны білдіретін сабақтас сөйлемнің бір түрі.* **Шартты белгі.** а) *Мәні, мағынасы келісілген таңба.* ә) *Географиялық карталар мен географиялық құжаттарда қолданылған жергілікті нысандардың символикалық-штрихтық және түстік (фон) белгілері мен әскери және метеорологиялық жағдайы.* **Шартты зардапты бактериялар.** *Бактериялардың бір тобы.* **Шартты оператор.** инф. <ағыл. conditional statement> *Ақиқаттық немесе жалғандық шартына тәуелді орындалатын әрекет пен шартты анықтайтын оператор.* **Шартты өлшемдер әдісі.** экон. *Қасиеттері бойынша айырмашылықтары бар біртекті өнім түрлері өлшемдерінің жалпы санын бір түрдің шартты өлшемі ретінде қабылданған өлшемімен көрсету әдісі.* **Шартты рай.** лингв. *Қимылдың, іс-әрекеттің істелу, іске асу мүмкіндігінің шартын білдіретін етістік түрі.* **Шартты рефлекс.** биол. *Тітіркендіргіштің әсер етуінен жүре пайда болатын, жеке-дара бастарға тән және ұрпақ қуаламайтын әрекеттер, рефлекс.* **Шартты таза су.** экол. *Тазартылғаннан кейін не тазаланбаған күйінде су объектісіне жіберілгенде ондағы су сапасының нормаларын бұзуға тиіс емес ағаба сулар.* **Шартты таңбалау.** инф. <ағыл. encryption> *Мәтінді шартты түрде таңбалап түрлендіру арқылы хабарды рұқсатсыз оқудан қорғау.* **Шартты тәртіп.** экон. *Шаруашылық шартында көзделген міндеттемелердің уақтылы толық орындалуы.* **Шартты түрде.** *Мөлшерлеп, жобамен.* **Шартты түрдегі таза өнім.** экон. *Өнімді өлшеудің құндық көрсеткіштерінің бірі.* **Шартты түрдегі тегін бағдарлама.** инф. <ағыл. sharevare> *Жаңа жасалған программаның өндіріске енгізілген алғашқы уақытта, яғни тексеру мерзімінде (30 күнде) пайдаланушыларға тегін берілетін түрі.* **Шартты түрде соттау.** құқық. *Қылмыстық заңда белгіленген жағдайда сот қолданатын қылмыстық-құқықтық ықпал жасау шарасы.* **Шартты топ.** пед. *Белгілі бір нышаны бойынша (іс-әрекетінің сипаты, жынысы, жасы, білім деңгейі, ұлты және т. б.) біріккен, әлеуметтік психологияның зерттеу объектісі болып табылатын және бір-бірімен тікелей не жанама объективтік қарым-қатынастары жоқ адамдардың қауымдастығы.*

**ШАРТТЫҚ** сын. *Шартқа қатысты.*

**Шарттық сатылас маркетингілік жүйе.** экон. *Жеке-дара болғандағыдан гөрі көбірек үнемдеуге немесе көбірек коммерциялық нәтижелерге бірлесіп қол жеткізу үшін шарттық қатынастармен байланысқан және өз қызметінің бағдарламаларын үйлестірген тәуелсіз фирмалардың жиынтығы.*

**ШАРТТЫЛЫҚ** зат. *Шартты түрде қалыптасқандық, формалдылық.*

**ШАРТ-ШҰРТ** елік. *Қайта-қайта сатырлап, шартылдап шыққан қатты дыбысты білдіру үшін қолданылатын сөз.*

**Шарт-шұрт етті.** *Қайта-қайта шартылдады, шартылдаған дыбыс шығарды.*

**ШАРТЫҚ**[1] зат. сын. **1.** малшар. *Тартырғанда ен тамыры толық үзілмей, шала үзілген еркек мал.* **2.** ауыс. *Қолынан еш нәрсе келмейтін, икемсіз, берекесіз.*

**ШАРТЫҚ**[2] сын. *Бүйірі шыққан, шермиген.*

**Шартық нар бура.** *Сүйек тұлғасы жағынан өзгешелеу, біртума нарлардан кішірек шағын тұқымдық будан.*

**ШАРТЫЛ** зат. *Бір зат пен екінші заттың соғылысуынан пайда болған дыбыс.*

**ШАРТЫЛДА=** ет. **1.** *Дыбыстың қайта-қайта шарт-шарт етіп қатты шығуы.* **2.** ауыс. *Бұрқ-сарқ етіп ашулану, долдану.*

**ШАРТЫЛДАТ=** ет. *Шарт-шұрт еткізу, сартылдату.*

**ШАРТЫЛДАТУ** *Шартылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТЫЛДАУ** *Шартылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРТЫЛДАУЫҚ** зат. этн. муз. *Қазақтың көне музыкалық аспабы.*

**ШАРУ**[1] зат. жерг. *Шананың әртүрлі бөліктерін бір-біріне байлайтын бұрау шыбық.*

**ШАРУ** зат. *Бос сөз, сандырақ.*

**ШАРУ**[3] *Шары етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРУА**[1] зат. **1.** *Жер, мал, егін шаруашылығымен айналысатын адам.* **2.** тар. *Қоғамдағы заттай байлықты өндірушілердің негізгі тобын құрайтын, өз алдына жеке шаруашылығы бар халық бұқарасы.*

**ШАРУА**[2] зат. **1.** *Халықтың күнелтісі, тіршілігі, тұрмыс қалпы.* **2.** *Жұмыс, іс, тіршілік, кәсіп, қарекет.* **3.** *Хал-жағдай, ахуал.* **4.** ауыс. *Еңбекқор, бейнеткер адам.*

**Шаруа баққан [құған, күйттеген].** *Іс істеп, тірлік еткен, қызмет қылған.* **Шаруаға жегілді.** *Жұмысбасты болды, қолы босамады.* **Шаруаға керек.** *Қолынан іс келетін, шебер, іскер.* Шаруа кетпенінен іздеді. *Егіншіліктен, бақшадан табылды, күні-түні кетпен қазды, еңбектенді.* **Шаруаға көріпкел.** *Епті, ыңғайлы.* **Шаруаға күйіп-пісті.** *Тіршілік қамымен жүрді, уайым қылды.* **Шаруаға қыры жоқ.** *Жұмысқа, іске ыңғайы, ебі жоқ; олақ.* **Шаруа жиды.** *Тіршілік істеді, тіршілік қамымен жүрді.* **Шаруа күйзелді.** *Күн көрісі, тіршілігі қиындады.* **Шаруа қамдады.** *Еңбек етті, тіршілік істеді.* **Шаруа қожалықтары.** *Жаңа экономикалық қатынастар кезеңіндегі ауылшаруашылық өнім өндірушілерінің шаруашылық бірлігі.* **Шаруа қолды.** *Шаруашылыққа қолайлы.* **Шаруа қылды [істеді].** *Еңбек етті, еңбектенді.* **Шаруамен жүрді.** *Жұмыс істеді, тіршілік істеді; қолы босамады.* **Шаруаны диірмендей дөңгелетті.** *Шаруаға пысық болды, бәрін тындырды.* **Шаруаның баласы.** *Еңбекқор, еңбексүйгіш.* **Шаруаның құлқын табу.** көне. *Жұмыстың, шаруаның ретін келтіру, ыңғайын білу.* **Шаруаң қанша?** *Не жұмысың бар?* **Шаруа солға айналды.** *Оңға баспайтын, сәтсіз жұмыс туралы айтылады.* **Шаруасы азды.** *Тіршілігі кері кетті.* **Шаруасы болды.** *Керек қылды, іздеді.* **Шаруасы бітпеді [біткен адам емес].** *Жұмысы өнбеді.* **Шаруасы бітті.** а) *Сорланды, соры қайнады.* ә) *Іс-әрекеті аяқталды, жұмысы*

*бітті.* **Шаруасы жоқ.** *Жұмысы жоқ, шатағы жоқ.* **Шаруасы дөңгеленді.** *Жұмыс ілгері басты, өрге домалады.* **Шаруасын дөңгелентті.** *Жұмысты еркін меңгерді, ілгері бастырды.* **Шаруасы қирады.** *Күн көрісі ауырлады, ісі жүрмеді.* **Шаруасына қарады.** *Жұмысына көмектесті, қарайласты.* **Шаруасын жөндеді.** *Тіршілігін қомдады, жұмысын істеді.* **Шаруасы таусылды.** *Ісінің берекесі болмады, күнелтісі қиындады.* **Шаруасы түгел.** *Есебі, ойына алған ісі орнында.* **Шаруасы шалқыды.** *Еңбегі берекелі болды, ісі оңды.* **Шаруасы шалқайды.** *Шаруасы жайланды, жұмысы жүрді.* **Шаруа таппады.** *Ерігіп бос жүрді, жұмыссыз сенделді.* **Шаруа тындырды.** *Жұмысты бітірді, өндіріп жұмыс істеді.*

**ШАРУАБАСТЫ** сын. *Жұмыстан қолы ешбір босамайтын, жұмысбасты.*

**ШАРУАБАСТЫЛЫҚ** зат. *Жұмысбастылық.*

**ШАРУАГЕР** сын. *Шаруаға епті, шаруақор.*

**ШАРУАГЕРЛІК** зат. *Шаруаға икемділік, шаруақорлық.*

**ШАРУАЖАЙ** сын. *Шаруаға бейім, шаруашыл.*

**ШАРУАЖАЙЛЫҚ** зат. *Шаруаға бейімділік, шаруақорлық.*

**ШАРУАКЕШ** сын. *Шаруақор, шаруагер.*

**ШАРУАКЕШТІК** зат. *Шаруагерлік, шаруақорлық.*

**ШАРУАҚОЙ** сын. *Шаруаға икемді, шаруашыл.*

**ШАРУАҚОЙЛЫҚ** зат. *Шаруақорлық, шаруагерлік.*

**ШАРУАҚОЛ** сын. *Жұмысқа, іске ыңғайлы, бейім.*

**ШАРУАҚОР** сын. *Шаруаға қыры бар, шаруашыл.*

**ШАРУАҚОРЛЫҚ** зат. *Шаруагерлік, шаруакештік.*

**ШАРУАЛА**= ет. *Шаруасын, жұмысын істеу.*

**ШАРУАЛАС=** ет. жерг. *Ақылдасу, шаруашылығының жайын айтып, біреумен кеңесу.*

**ШАРУАЛЫ** сын. *Тұрмыс халі жақсы, шаруасы тәуір, ауқатты.*

**ШАРУАЛЫҚ** зат. жерг. *Шаруашылық, жұмыс, іс.*

**ШАРУАСЫЗ** сын. *Еңбекпен шұғылданбайтын, қарекетсіз.*

**ШАРУАШЫЛ** сын. *Шаруаға бейім, шаруақор, еңбекқор.*

**ШАРУАШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Белгілі бір өндірістік қатынастардың жиынтығы.* **2.** *Шағын өндірістік бірлік.* **3.** *Табиғи ресурстарды пайдаланатын өндірістік бірлік (ауылшаруашылығы, қорықты-аңшылық шаруашылығы, орман шаруашылығы, орман-аңшылық шаруашылығы, балық шаруашылығы, тоған шаруашылығы, көл шаруашылығы, теңіз шаруашылығы және т. б.).* **4.** *Адам қоғамы мен табиғат арасындағы қарым-қатынастар.*

**Шаруашылық акті.** экон. *Белгілі бір шаруашылық операциясының болғанын (жасалғанын) қуаттайтын құжат.* **Шаруашылық бөлімі.** *Кәсіпорын, ұйым, мекеменің т.б. шаруашылық ісімен шұғылданатын арнаулы саласы.* **Шаруашылық даулары.** экон. *Кәсіпкерлік және шаруашылық қызметте, сондай-ақ түрлі шарттар мен келісімшарттарға негізделген қаржы-несие қатынастары кезінде туындайтын даулар.* **Шаруашылық дербестік.** экон. *Шаруашылық шешімдерді тәуелсіз қабылдаудың, тәуекелмен байланысты іс-қимылдарды қоса заңмен тыйым салынбаған кез келген іс-қимылды жасаудың құқық нормаларымен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.* **Шаруашылық есеп.** экон. *Өз шығынын өз табысының есебінен толтырып, өндірістің тиімділігін қамтамасыз етуге негізделген, шаруашылықты жоспармен жүргізу әдісі.* **Шаруашылық жүргізуші субъект.** экон. *Шаруашылық қызметпен айналысушы заңды немесе жеке тұлға.* **Шаруашылық қауымдастықтар.** экон. *Өндірістік-шаруашылық қызметтерді үйлестіру мен орталықтандыру, өнімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, оны өткізу үшін өндірісті мамандандыру және кооперацияны дамыту мақсатымен шарт негізінде құрылған кәсіпорындар бірлестігі.* **Шаруашылық қоғам.** экон. *Жарғылық капитал бойынша құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлестеріне бөлінген коммерциялық ұйым.* **Шаруашылық құқық.** экон. *Үлгілік экономикалық қатынастарды (мыс., кооперативтік құқық) және күнделікті шаруашылық қызметті (мыс., жеткізілімдер, кепілдіктер т.б. туралы шарттар) айқындайтын азаматтық та, қылмыстық та құқықтың нормалары.* **Шаруашылық серіктестік.** экон. *Ортақ коммерциялық мақсатқа қол жеткізу үшін құрылған заңды және жеке тұлғалар бірлестігі.* Шаруашылық серіктестік. экон. *Жарғы капиталы құрылтайшылардың (акционерлердің) үлестеріне (акцияларына) бөлінген акционерлік ұйым.* **Шаруашылық тетігі.** *Экономикалық құрылымдардың, институттардың шаруашылықты жүргізу нысандары мен әдістерінің жиынтығы.* **Шаруашылық шарт.** *Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпкерлік қызмет субъектілері арасында жасалатын азаматтық-құқықтық шарт: фирмалар, компаниялар, ұйымдар арасында олардың шаруашылық қызметті қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және экономикалық, шаруашылық қызметті жүзеге асыру үдерісінде өзара міндеттерді орындау мақсатымен жасалынған келісім.* **Шаруашылықты экономикалық реттеу.** экон. *Ресурстарды бөлу және ұлттық экономиканың дамуы кезеңінде белгілі бір тетіктердің – институттар, нысандар мен құралдар жиынтығының көмегімен қоғамдық қажеттіліктерге сай келетін үйлесімділікті қалыптастыру.*

**ШАРУАШЫЛЫҚАРАЛЫҚ** сын. *Шаруашылықтар арасындағы.*

**Шаруашылықаралық арна.** сушар. *Суды бас арнадан алып, жақын орналасқан бір топ шаруашылыққа тасымалдау үшін салынатын жүйе.* **Шаруашылықаралық коллектор.** сушар. *Бір топ шаруашылықтан суару кезіндегі ағынды суларды жинап, сыртқа алып кететін жүйе.* **Шаруашылықаралық мелиорациялық жүйе.** сушар. *Екі және одан көп шаруашылықтың суармалы жерлерін сумен қамтамасыз ететін жүйе.*

**ШАРУАШЫЛЫҚІШІЛІК** сын. *Шаруашылықтың өз ішіндегі.*

**Шаруашылықішілік мелиорациялық желі.** *Бір шаруашылық аймағындағы және сол шаруашылықтың жерін сумен қамтамасыз ететін суландыру желілері.*

**ШАРФ** [пол. szarfa] зат. сөйл. ***Мойынорағыш*** *(мойынға салу үшін матадан жасалған не жіптен тоқылған бұйым).*

**ШАРХ** [ар. شرح ] зат. ескікіт. *Түсінік, түсіндірме.*

**ШАРХИ** [ар. شرحی ] зат. *Шығыс.*

**ШАРША=** ет. **1.** *Денесі дел-сал болып қалжырау, болдыру.* **2.** *Мезі болу, ығыры шығу.* **3.** ауыс. *Ренжу, ашулану, ыза болу.*

**ШАРШАҒЫШ** сын. *Тез шаршайтын, болдырғыш.*

**ШАРШАҒЫШТЫҚ** зат. *Жылдам шаршайтындық, шаршампаздық.*

**ШАРШАҚ** зат. жерг. *Шөп үйетін айыр.*

**ШАРШАМПАЗ** сын. *Тез шаршайтын, шаршағыш.*

**ШАРШАМПАЗДЫҚ** зат. *Жылдам шаршайтындық, шаршағыштық.*

**ШАРШАҢҚЫРА=** ет. *Шаршай түсу, қалжыраңқырау.*

**ШАРШАҢҚЫРАУ** *Шаршаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШАП-ТАЛ=** ет. *Қажу, болдыру, діңкелеу.*

**ШАРШАП-ТАЛУ** *Шаршап-тал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШАП-ШАЛДЫҒУ** *Шаршап-шалдық етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШАП-ШАЛДЫҚ=** ет. *Қажып-талу, болдыру, діңкесі құру.*

**ШАРШАТ=** ет. **1.** *Әлін құрту, діңкелету, әлауқатын кетіру, қалжырату.* **2.** ауыс. *Мезі ету, ығырын шығару.*

**ШАРШАТУ** *Шаршат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШАУ**[1] зат. психол. *Ұзаққа созылатын және қарқынды жұмыстың салдарынан ағзаның жұмыс қабілетінің төмендеуіне байланысты функциялық жағдайдың уақытша пайда болатын ерекше түрі.*

**ШАРШАУ**[2] зат. жерг. **1.** *Терезе пердесі.* **2.** *Үйдің бір жағын бөліп тұратын перде.* **3.** *Шымылдықтың балдағы.*

**ШАРШАУ**[3] *Шарша етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШАУ**[4]**: шаршау тары.** *Тарының ұсақ, майда түрі.*

**ШАРШАУЫҚ** сын. *Тез шаршағыш, шаршампаз.*

**ШАРШЫ**[1] зат. геол. **1.** <лат. quadratus> *Қабырғалары тең тік төрт бұрышты геометриялық дене; квадрат.* **2.** ауыс. *Әйелдер басқа салатын кішкене орамал.* **3.** ауыс. *Көпшілік, халық, шаршы топ.*

**Шаршы метр**. *Бір нәрсенің аумағын, көлемін білдіретін өлшемдік бірлік; квадрат метр.* **Шаршы орамал.** *Той-томалақта өнер көрсеткендерге сый-құрмет белгісі ретінде берілетін сый-сияпат.* **Шаршы топ.** *Дүйім жұрт, күллі халайық.* **Шаршы төр.** *Мекен, орын, қақ төр, сыйлы орын.* **Шаршы төс.** *Тік қиялы беткей.* **Шаршы ұялы әдіс**. егіншар. *Жемісті, дақылды шаршы ұялап егу амалы.*

**ШАРШЫ**[2] зат. жерг. *Ойын картасының қиығы.*

**ШАРШЫЛА=** ет. **1.** *Бір заттың, нәрсенің ұзындығы мен енін бірдей ету, төрткілдеу.* **2.** *Үш бұрыштап, үшкілдеп байлау.*

**Шаршылап байлау.** *Үш бұрыштап, үшкілдеп байлау (орамалды).*

**ШАРШЫЛАУ**[1] сын. *Төрт бұрыштылау, төрткілдеу.*

**ШАРШЫЛАУ**[2] *Шаршыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШЫЛАН=** ет. *Төртбұрыштану, төрткілдену.*

**ШАРШЫЛАНУ** *Шаршылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРШЫЛЫ** сын. *Шаршысы бар, басына шаршы салған.*

**ШАРШЫСӨЗ** зат. *Қандай да бір ресми жиындарда, дүйім жұрт алдында айтылатын сөз, көпшілік алдында ойды дәл, шешен тілмен жеткізе білу.*

**ШАРШЫТОП** зат. *Көпшілік жиналған жер, дүйім жұрт.*

**ШАРЫ**[1]**=** ет. *Бір нәрсені әрлі-берлі орап байлау.*

**ШАРЫ**[2]**=** ет. *Шарқыштану, жаратпай өзінше болып шалқу.*

**ШАРЫҚ**[1] зат. *Шалғы, қанжар, пышақ, балта, орақ және басқа құралдарды қайрау үшін арнайы жасалған дөңгелек тас қайрақ.*

**Шарық қайрақ.** *Пышақты, балтаны әлсін-әлсін қайрап отыратын төрт бұрышты шым қайрақ.* **Шарық тас.** *Құмнан жасалған дөңгелек қайрақ.*

**ШАРЫҚ**[2] зат. *Көк, аспан.*

**Шарық атты.** *Биікке шықты, шыңға зулады.*

**ШАРЫҚ**[3] зат. *Теріден, тал қабығынан және т. б. арзан заттан лекерлеп жасалған аяқкиім; шәркей.*

**ШАРЫҚ**[4] зат. жерг. *Құдықтан су тарту үшін орнатылған ағаш бұтағы.*

**ШАРЫҚ**[5] зат. *Жіңішке жіп орайтын, екі басында қалпақша дөңгелегі бар, іші қуыс ағаш.*

**ШАРЫҚ**[6] зат. *Әл, шама, күш.*

**ШАРЫҚЖІП** зат. қолөнер. *Іс тігуге арналған жіңішке ұзын жіп.*

**ШАРЫҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Жоғарылап, аспандап ұшу, қалықтау.* **2.** *Жан-жақты кезу, шарлау.* **3.** ауыс. *Даму, өркендеу, қанат жаю.*

**ШАРЫҚТА**[2]**=** ет. *Жүзі бар құралдарды шарыққа салып қайрау.*

**ШАРЫҚТАЛ=** ет. *Қайралу, өткірлену.*

**ШАРЫҚТАЛУ** *Шарықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЫҚТАТ**[1]**=** ет. **1.** *Аспандатып ұшыру, қалықтату.* **2.** ауыс. *Асқақтату, өрлету.*

**Шарықтатып ән салды.** *Әнді нақышына келтіріп, шалқытып орындады.*

**ШАРЫҚТАТ**[2]**=** ет. **1.** *Жүзі бар құралдарды шарыққа салып қайрату, өткірлету.*

**ШАРЫҚТАТУ** *Шарықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЫҚТАУ**[1] зат. астрон. *Аспан координаттарының экваторлық жүйесіндегі координаттарының бірі.*

**ШАРЫҚТАУ**[2] *Шарықта*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғарылау, биікке самғау.* **2.** ауыс. *Өрлеу, даму, қанат жаю.*

**Шарықтау шегі.** а) *Жеткен жері, қызған тұсы.* ә) әдеб. *Көркем шығармада оқиғаның шиеленісіп, шегіне жетіп өрістеген тұсы, кульминация.*

**ШАРЫҚ-ШАМА** зат. *Әлеует, күш.*

**ШАРЫҚШЫ**[1] зат. *Жүзді құралдарды шарықпен қайраушы адам.*

**ШАРЫҚШЫ**[2] сын. жерг. *Ұрысқақ, ашушаң.*

**ШАРЫЛ** зат. *Шар ете қалған дыбыс.*

**ШАРЫЛДА=** ет. **1.** *Шар еткен күшті дыбыс шығару.* **2.** *Шырылдап жылау.* **3.** ауыс. *Ашу қысып, бұлқан-талқан болып қатты сөйлеу.*

**ШАРЫЛДАҚ** сын. *Шар-шар еткен қатты дауыс шығаратын, шарылдай беретін.*

**ШАРЫЛДАС=** ет. **1.** *Шар-шар етісу, шулау.* **2.** ауыс. *Ұрсысу, ренжісу.*

**ШАРЫЛДАТУ** *Шарылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЫЛДАТ=** ет. *Шар-шар еткізу, қатты айғайлату.*

**ШАРЫЛДАТУ** *Шарылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАРЫЛДАУ** *Шарылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШАССИ** [франц. châssis] зат. *Ұшақтың дөңгелегі және сол дөңгелек орналасқан бөлегі.*

**ШАТ**[1] зат. *Екі санның түйіскен жері, іш жағы.*

**ШАТ**[2] зат. **1.** *Таудың қойнауындағы жықпыл-жықпыл терең сай.* **2.** геол. *Беткейлері тік құлайтын, түпкі жазықтығы түгелімен сумен тоғытылған, көбінесе терең де енсіз болып келетін өзен аңғары.*

**ШАТ**[3] сын. *Қуанышты, көңілді, шадыман.*

**Шат болды.** *Көңілі тасыды, қуанды, шаттанды.* **Шат күлкі.** *Көңілді, қуанышты сәт.* **Шат күн.** *Қуанышқа, шаттыққа толы күн.* **Шат қылды.** *Қуантты, шаттандырды.* **Шат өмір.** *Қуанышты тіршілік.*

**ШАТ=** ет. **1.** *Шандып байлау, буу.* **2.** ауыс. *Шатастыру, бүлдіру.* **3.** ауыс. *Бетімен сөйлеу, лағу.*

**ШАТА**[1] зат. *Некесіз туған бала.*

**ШАТА**[2] сын. *Мінезі шәлкес, тентек, шатақ шығарғыш.*

**ШАТА=** ет. жерг. *Шырмау, шатастыру.*

**ШАТАЙЛАУ=** ет. **1.** *Кеменің, қайықтың шайқалуы, ырғалуы.* **2.** ауыс. *Қыдырымпаздыққа, кезбелікке салыну.*

**ШАТАҚ**[1] зат. **1.** *Шиеленіскен дау, жанжал.* // *Қисық, қыңыр (мінез).* **2.** ауыс. *Қиын, күрделі (іс).*

**Шатағым не [не шатағым бар].** *Жұмысым жоқ, бәледен аулақ деген мағынада.* **Шатақ болды.** *Жанжал, дау шықты.* **Шатақ мінез.** *Қисық, қыңыр, қиын мінез.* **Шатақ шығарды.** *Жанжал шығарды, дауласты.*

**ШАТАҚ**[2] зат. жерг. *Жекжат, жақын.*

**ШАТАҚ-БҰТАҚ** зат. жерг. *Жекжат.*

**ШАТАҚ-ЖАНЖАЛ** зат. *Дау, жанжал, ұрыс-керіс.*

**ШАТАҚҚОЙ** сын. *Дау, жанжал шығарғыш, даукес.*

**ШАТАҚҚОР** сын. *Шатаққұмар, жанжалқой.*

**ШАТАҚҚҰМАР** сын. *Шатаққой, даукес, жанжалқұмар.*

**ШАТАҚҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Шатақ шығарғыштық, даукестік.*

**ШАТАҚТАС=** ет. *Біреумен дауға келу, жанжалдасу.*

**ШАТАҚТАСУ** *Шатақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТАҚТАУ** сын. *Қиыңқылау, тентектеу, даукестеу.*

**ШАТАҚШЫЛ** сын. *Шатаққұмар, шатаққор.*

**ШАТАЛ=** ет. **1.** *Істі болу, айыпқа килігу, қылмысқа ұрыну.* **2.** ауыс. *Құрыққа түсу, шырмалу, арбалу.*

**ШАТАЛАН=** ет. жерг. *Шатасу, бетімен лағып сөйлеу.*

**ШАТАЛАУ=** ет. **1.** *Жаңылу, қателесу.* **2.** ауыс. *Басы қату, әуре-сарсаңға түсу.*

**ШАТАҢ** зат. *Тау аңғары, сайдың екі айырылған тұсы.*

**ШАТАС**[1] зат. жерг. *Екі түрлі тұқымның араласуынан туған мал.*

**ШАТАС**[2] зат. жерг. *Қате, жаңылыс.*

**ШАТАС**[3] сын. жерг. *Шатақ.*

**ШАТАС=** ет. **1.** *Шым-шытырық болып бытысу, шатылу.* **2.** ауыс. *Жанжалдасу, дауласу, ұрсысу.*

**ШАТАСТЫР=** ет. сөйл. ***Шатыстыр.*** **1.** *Жаңылысу, таба алмау.* **2.** *Қателестіру, адастыру.*

**ШАТАСТЫРУ** *Шатастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТАСТЫРУШЫ** зат. *Жаңылыстырушы, қателестіруші, адастырушы.*

**ШАТАСТЫРЫЛ=** ет. *Жаңылысу, қателесу, бірінің орнына екіншісін алу.*

**ШАТАСТЫРЫЛУ** *Шатастырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТАСУ** *Шатас етістігінің қимыл атауы; жаңылысу, қателесу.*

**ШАТАСУШЫ** зат. *Жаңылысушы, қателесуші.*

**ШАТАСУШЫЛЫҚ** зат. *Қателесушілік, жаңылушылық.*

**ШАТАСЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Шатаса түсу, қателесіңкіреу.* **2.** ауыс. *Кикілжіңге келу, ренжісу.*

**ШАТАСЫҢҚЫРАУ** *Шатасыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТ-ДУМАН** зат. *Адам көңілінің көтеріліп масайраған кезі, мәз-мейрам жағдай, қуаныш.*

**ШАТ-ДУМАНДЫ** сын. *Қуанышқа толы, думаны мол.*

**ШАТҚАЛ** зат. **1.** *Тауларда ғана болатын, тар, терең және тік беткейлі аңғар.* **2.** геол. *Таулы өлкелерге тән, түбі терең (тереңдігі 1800 м-ге дейін жететін) әрі тар, беткейлері тік аңғар.* **3.** ауыс. *Қиын-қыстау кез, ауыр жағдай.*

**ШАТҚАЛАҢ** зат. **1.** *Жүруі қиын таулы жер, шатқал.* **2.** ауыс. *Қиыншылық, азап, әлек.*

**ШАТҚАЛДАН=** ет. *Шатқал болу, тарылу.*

**ШАТҚАЛДАНУ** *Шатқалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТҚАЛДЫ** сын. *Шатқалы бар, шатқалы мол.*

**ШАТҚАЛ-ШАТҚАЛ** сын. *Шатқалы көп, шатқалды.*

**ШАТҚАЯҚ**[1] зат. *Екі аяқтың арасы ашыла, талтая тұрған қалпы.*

**ШАТҚАЯҚ**[2] сын. **1.** *Қисық, шәлкем-шалыс.* **2.** ауыс. *Күрделі, даулы.*

**ШАТҚАЯҚТА=** ет. **1.** *Аяғын шалыс басу, қисық-қыңыр жүру; талтаңдау.* **2.** ауыс. *Қыңыраю, қисаю, бұра тарту.*

**ШАТҚАЯҚТАН=** ет. *Талтаңдау, аяғын шалыс басу.*

**ШАТҚАЯҚТАНУ** *Шатқаяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТҚАЯҚТАТ=** ет. *Шалқалату, шалқақтату.*

**ШАТҚАЯҚТАТУ** *Шатқаяқтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТҚАЯҚТАУ** *Шатқаяқта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТПА** зат. этн. *Киіз үй.*

**ШАТПАҚ** зат. **1.** *Қалай болса, солай жазылған жазу, шимай.* **2.** ауыс. *Ерке содырлық, бұзақылық.*

**Шатпаққа түсті.** *Басын бөлеге шатты.*

**ШАТПАҚТА=** ет. *Әр нәрсенің басын бір шалып, мәнсіз бірдеңені жазу, айту.*

**ШАТПАҚТАЛ=** ет. *Шимайлану, шатпақ-шатпақ болу.*

**ШАТПАҚТАЛУ** *Шатпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТПАҚТАТ=** ет. *Шимайлату, шатпақ-шатпақ еткізу.*

**ШАТПАҚТАТУ** *Шатпақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТПАҚТАУ** *Шатпақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТПАҚ-ШИМАЙ** зат. *Шатпақтап жазған жазу.*

**ШАТПАҚШЫЛ** сын. *Не болса соны айтатын, содыр, даукестеу, бөлекой.*

**ШАТПАҚШЫЛДЫҚ** сын. *Содырлық, даукестік, бөлекойлық.*

**ШАТПЫРАҚ** сын. *Шатып-бұтқан, шатпақтаған (сөз, жазу).*

**ШАТПЫРАҚТА=** ет. *Қалай болса, солай сөйлеу, шатып-бұту.*

**ШАТПЫРАҚТАУ** *Шатпырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТТАМА** зат. жерг. *Тор.*

**ШАТТАН=** ет. *Мәз болып қуану, көңілдену, масайрау.*

**ШАТТАНДЫР=** ет. *Қуанту, шат қылу.*

**ШАТТАРДЫРҒЫШ: шаттандырғыш газ.** хим. *Балқу t – 91°C, суда нашар еритін, тұз түзбейтін оксидтерге жататын түссіз, жағымды иісті газ.*

**ШАТТАНДЫРУ** *Шаттандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТТАНУ** *Шаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТТАНЫС**[1] зат. *Қуаныш, шаттық.*

**ШАТТАНЫС**[2]**=** ет. *Қуанысу, масаттанысу.*

**ШАТТАНЫСУ** *Шаттаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТТАУЫҚ**[1] зат. **1.** *Темірді өңдеу үшін қысып, бекітіп қоятын құрал; қысқыш.* **2.** жерг. *Шымшуыр, отқысқыш.* **3.** *Ұста дүкеніндегі қызған темірді ұстайтын құрал, қысқаш.*

**ШАТТАУЫҚ**[2] зат. **1.** *Басында жаңғағы, дәні бар жабайы өсетін ағаш.* **2.** жерг. *Жаңғақ.*

**ШАТТАУЫҚ**[3] зат. кәс. **1.** *Талқы, илеген теріні жұмсарту үшін қолданылатын құрал.* **2.** *Іскенже.*

**ШАТТАУЫҚТАЙ** сын. *Шаттауық сияқты, шаттауық тәрізді.*

**ШАТТЫ** сын. *Көңілді, қуанышты.*

**ШАТТЫ-БҰТТЫ** сын. *Шатып-бұтқан, көңілге қонбайтын (сөз, әңгіме).*

**ШАТТЫҚ** зат. *Адамның аса риза болған кездегі сезім күйі, қуаныш.*

**Шаттығын жасырмады.** *Әбден қуанды, мәз-мейрам болды.* Шаттығымның тостағаны кертілді. поэт. *Бастан бақ тайды, бақытсыздыққа душар болды.* **Шаттық жыры.** поэт. *Көңілді әуен.* **Шаттық құрды.** *Қуанды, шаттанды.* **Шаттық таппады.** *Қуана алмады, шаттанбады.* **Шаттық толды.** *Қуанышқа бөленді.*

**ШАТТЫҚТАЙ** сын. *Шаттық сияқты, шаттық тәрізді.*

**ШАТУ** *Шат етістігінің қимыл атауы; аузына келгенін сөйлеп шатпақтау, не болса соны айту.*

**ШАТУЛЫ** сын. *Шатылған, шатысы бар.*

**ШАТУН** зат. тех. *Поршеньді қозғалтқыштың валымен жалғастыратын тетік.*

**ШАТХАНА** зат. *Салтанатты мерекелер, жиылыстар, той-думандар, банкеттер өткізілетін кең, жарық, сәнді зал; тойхана.*

**ШАТ-ХАРАМ** ир.зат. ескікіт. *Ойын-күлкі, қуаныш.*

**ШАТ-ШАДЫМАН** сын. *Көңілі көтеріңкі, масайраған, мәз-мейрам.*

**ШАТ-ШӘЛЕКЕЙ** сын. *Быт-шыт, тас-талқан.*

**ШАТЫЛ=** ет. **1.** *Торға, жіпке оралып байланып қалу.* **2.** ауыс. *Пәлеге ұшырау, шатаққа қалу.*

**ШАТЫЛДЫР=** ет. *Пәлеге ұшырату, шатаққа қалдыру.*

**ШАТЫЛДЫРУ** *Шатылдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫЛТ=** ет. *Шатылдыру, араластыру.*

**ШАТЫЛТУ** *Шатылт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫЛУ** *Шатыл етістігінің қимыл атауы; бос-бекерге жүру, әурелену.*

**ШАТЫЛЫС=** ет. *Шатысу, байлану.*

**ШАТЫЛЫСУ** *Шатылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫНА=** ет. **1.** *Сытырлап немесе шырт етіп жарылу, сыну.* **2.** ауыс. *Ашулану, шамдану.*

**ШАТЫНАҢҚЫ** сын. *Аздап шатынаған.*

**ШАТЫНАҢҚЫРА=** ет. *Шатынай түсу, ашуланыңқырау.*

**ШАТЫНЫҢҚЫРАУ** *Шатыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫНАС=** ет. *Ашулану, ашуға булығу, шамданысу.*

**ШАТЫНАСУ** *Шатынас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫНАТ=** ет. *Шарт-шұрт еткізу.*

**ШАТЫНАТУ** *Шатынат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫНАУ** *Шатына етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫНАУЫҚ** сын. **1.** *Шатынап кеткіш, жарылғыш, сынғыш.* **2.** ауыс. *Ашушаң, шамшыл.*

**ШАТЫНАУЫҚ** зат. жерг. *Темір ұстаханасындағы темірді қысып тұратын аспап, атауыз, іскенже.*

**ШАТЫП-БҰТ=** ет. *Қалай болса, солай сөйлеу, аузына келгенін айту.*

**ШАТЫП-БҰТУ** *Шатып-бұт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫР**[1] зат. **1.** *Үйдің жауын өтпес үшін арнайы жасалған атжалданып келген қосымша төбесі.*

**Шатыр жапты.** *Үйдің төбесін шатырлады, шатыр салды.*

**ШАТЫР**[2] зат. **1.** *Мықты матадан, брезенттен жасалған, төрт бұрышын керіп тігетін жеңіл баспана; палатка.* **2.** *Сая қылатын күрке, баспана.* **3.** әск. *Далалық жағдайларда жеке құрамды, әскери техниканы, медициналық мекемелерді, шеберханаларды және қоймаларды орналастыруға арналған жиналмалы құрылыс.* **4.** ауыс. *Отау.*

**Шатыр байғазы.** этн. *Күйеу жігіттің шатыр орнатқан келіншектерге беретін сыйлық кәдесі.*

**ШАТЫР**[3] зат. **1.** *Жауын-шашыннан, қардан, күннің көзінен қорғану үшін жасалып, қолға ұстап жүретін бұйым; қолшатыр.* **2.** ауыс. *Пана, қорған.*

**ШАТЫР**[4] елік. *Кенеттен, ойламаған жерден шатырлап шыққан қатты дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шатыр етті**. *Шатырлады, сатырлады.*

**ШАТЫРАҚ** зат. өс. <лат. seseli> *Тырнашөп (шөптесін өсімдік).*

**ШАТЫРАНЖЫ** зат. жерг. ***Дойбы.***

**ШАТЫРАУ** зат. жерг. *Үйдің төбесі, шатыр.*

**ШАТЫРАУЛА=** ет. *Шатырлау, үйдің төбесін шатырлап жабу.*

**ШАТЫРАШ**[1] зат. *Дойбы. // Дойбы тақтасындай тақта-тақта.*

**Шатыраш кесте**. экон. *Кәсіпорынның кірісі мен шығысы балансына қосымша тексеру кестесі.*

**ШАТЫРАШ**[2] зат. жерг. *Қос, күрке.*

**ШАТЫРАШ**[3] сын. жерг. *Тентек, мінезі шатақ.*

**ШАТЫРАШТА=** ет. *Дойбы тақтасының ұясы сияқты етіп шаршылау.*

**ШАТЫРАШТАН=** ет. *Ағы мен қарасы араласу, алару.*

**ШАТЫРАШТАНУ** *Шатыраштан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫРАШТАУ** *Шатырашта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫРДАЙ** сын. *Шатыр сияқты, шатыр тәрізді.*

**ШАТЫРЛА**[1]**=** ет. *Үйдің, қораның және тағы басқа құрылыстың төбесіне шатыр салу.*

**ШАТЫРЛА**[2]**=** ет. *Шатырлаған дыбыс шығу, шатыр-шатыр ету.*

**ШАТЫРЛАН=** ет. *Шатырмен жабылу, шатыр салыну.*

**ШАТЫРЛАНУ** *Шатырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫРЛАТ**[1]**=** ет. *Шатыр жапқызу, шатыр салдыру.*

**ШАТЫРЛАТ**[2]**=** ет. *Шатыр-шұтыр еткізу, сатырлату.*

**ШАТЫРЛАТУ** *Шатырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫРЛАУ**[1] *Шатырла етістігінің қимыл атауы; шатырмен жабу, шатыр салу.*

**ШАТЫРЛАУ**[2] *Шатырла етістігінің қимыл атауы; сатырлау, шатыр-шұтыр ету.*

**ШАТЫРЛЫ** сын. *Шатыры бар, шатырланған.*

**ШАТЫРХАТ** зат. көне. *Медресе бітіргендерге берілетін куәлік, аттестат.*

**ШАТЫРША**[1] зат. *Кішкене, шағын шатыр.*

**ШАТЫРША**[2] үст. *Шатыр тәрізді, шатырға ұқсас.*

**ШАТЫРШАГҮЛ** зат. бот. *Ұрпақтану өркенінің ұшында бір жерден шыққан, қысқарған негізгі тірегі және тең, соған жақын гүлсағағы бар гүлшоғыры.*

**ШАТЫРШАГҮЛДІЛЕР** зат. бот. <лат. umbelliferae moris> *Шөптесін, сирек бұта немесе ағаш түріндегі жапырақтары тілімді ұсақ қосжарнақты өсімдіктер тұқымдасы.*

**Шатыршагүлділер тұқымдасы.** бот. <лат. apiaceae>***Шатыршагүлділер.***

**ШАТЫР-ШАЙЛА** зат. *Баспана, күрке, қос.*

**ШАТЫРШАЛА=** ет. *Шатыр сияқты ету, шатырға ұқсату.*

**ШАТЫРШАЛАУ** *Шатыршала етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫР-ШҰТЫР** елік. *Қайта-қайта сатыр-сұтыр, тасыр-тұсыр етіп шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**ШАТЫС** зат. **1.** *Шиеленіскен түйін.* **2.** ауыс. *Қарым-қатынас, байланыс. // Туыстық жағынан жақындығы бар, ілік-шатыс.*

**Шатыс бие.** *Жай тұқымнан шыққан биенің жақсы айғырға шағылысуынан туып-өскен, асылданған бие.*

**ШАТЫС=** ет. **1.** *Жіптің, арқанның т.б. заттың шиеленісіп оралып қалуы.* **2.** ауыс. *Шатасу, қателесу, жаңылысу.*

**ШАТЫСТЫҚ** зат. *Белгілі бір қарым-қатынасы, жақындығы барлық.*

**ШАТЫСТЫР=** ет. *Жаңылыстыру, қателестіру, адастыру.*

**ШАТЫСТЫРУ** *Шатыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАТЫСУ** *Шатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУ**[1] зат. *Адамның, малдың жасы келіп, әбден қартайған кезі. // Шабан, баяу, самарқау, сылбыр.*

**Шау тартты.** *Денесі ауырлады, мосқал тартты.*

**Шау түйе.** *Міністен де, жүк көтеруден де қалған, денесі кішірейе бастаған кәрі түйе.*

**ШАУ**[2] зат. жерг. *Қайықтың ескегі.*

**ШАУ=** ет. *Шабу.*

**Шауып алды.** *Қиратты, қолынан келгенін істеді.* **Шауып жіберу.** *Адамнан, аңнан үркектеген қыран құстың оларға қарсы ұмтылып, қанатымен сабалап, тырнағымен осып жіберуі т.б.*

**ШАУАШ: шауаш ету.** *Бітіру, аяқтау.*

**ШАУЖАЙ** зат. **1.** *Аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен тұсы.* **2.** *Алқым, омырау.*

**Шаужайға [шаужайынан] қақты**. *Шаужайға соғып, атты дегеніне көндірді.* **Шаужайдан алды.** *Жағадан алды, бөгет жасады.* **Шаужайға оралды [жабысты, жармасты].** *Кесе-көлденең тұрды, бөгет болды.* **Шаужайдан ұстады.** *Кедергі болды.* **Шаужай қақтырды.** *Дегеніне көндірді, айт қанын істетті.* **Шаужайына жармасты.** *Жағасынан алды, бетінен алды.* **Шаужайынан айырылды.** *Еркіне жіберді, бос қоя берді.* **Шаужайынан қақпады**. *Жолына, ісіне бөгет жасамады, бетін қайтармады.*

**ШАУЖАЙЛА=** ет. **1.** *Аттың тізгінін жұлқа тартып, жүрісін ретке келтіру, еркіне жібермеу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені жөнге салу, тежеу.*

**ШАУЖАЙЛАН=** ет. *Шаужайына қақтыру.*

**ШАУЖАЙЛАНУ** *Шаужайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУЖАЙЛАС=** ет. **1.** *Қатарласу, қатар жүру.* **2.** ауыс. *Сөйлесу, әңгімелесу.*

**ШАУЖАЙЛАСУ** *Шаужайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУЖАЙЛАТ=** ет. *Жақындату, қатарластыру.*

**ШАУЖАЙЛАТУ** *Шаужайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУЖАЙЛАУ** *Шаужайла етістігінің қимыл атауы; атының тізгінін жұлқа тартып жүрісін реттеу.*

**ШАУҚАР** сын. *Шұбар, теңбіл.*

**ШАУҚАРДА** үст. жерг. *Анда-санда, арагідік.*

**ШАУҚАРҒА** зат. зоол. <ағыл. pyrrhocorax graculus> *Тұмсығы сары, басы ақшылдау боп келетін қара қарғаның кішілеу түрі.*

**ШАУҚАРҒАДАЙ** сын. *Шауқарға сияқты, шауқарға тәрізді.*

**ШАУҚАРДАЙ** сын. *Шауқар сияқты, шауқар тәрізді.*

**ШАУҚЫЛДАС=** ет. *Жапа-тармағай дыбыс шығару, шу-шу ету.*

**ШАУҚЫЛДАСУ** *Шауқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУҚЫМ** зат. жерг. **1.** *Ойын-сауық, қызық-думан.* **2.** *Айғай, шу.*

**Шауқым салды**. *Сауық-сайран құрды, қызық думанмен өткізді.*

**ШАУЛА**[1]**=** ет. *Қартайып жүре алмай қалу, шау тарту.*

**ШАУЛА**[2]**=** ет. *Жылжыту, босату, арылту.*

**ШАУЛАТ=** ет. *Шау тартқызу, болдырту.*

**ШАУЛАТУ** *Шаулат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАУЛАУ**[1] сын. жерг. *Еріншек, жалқау.*

**ШАУЛАУ**[2] *Шаула етістігінің қимыл атауы; жылжыту, босату, арылту.*

**ШАУЛЫҚ** зат. *Шау тартқандық, сылбырлық.*

**ШАУЛЫҚ** зат. жерг. *Шөбере.*

**ШАУЫРМА** зат. тамақ. *Ащы дәмдеуіштер, кетчуп және т.с.с. қосылған ет немесе тауық еті оралған ыстық нан.*

**ШАУЬЕТ** зат. сөйл. ***Шаһуат.***

**ШАУШАЙ**[1] зат. өс. *Биіктігі 20–25 см-дей сәбіз тәрізді түбірі жеуге жарамды өсімдік.*

**ШАУШАЙ**[2] зат. жерг. *Бақай, башай.*

**ШАУЫШ** зат. жерг. *Жаңа ғана қатқан жұқа мұз.*

**ШАУЫШТАН=** ет. жерг. *Судың бетіне мұздың қабыршақтанып қатуы.*

**ШАУЫШТАНУ** *Шауыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАФАҒАТ** зат. ескікіт. ***Шапағат.***

**ШАФИҒИШІЛЕР** зат. діни. *Негізін имам Мұхаммед аш-Шафиғи қалаған мазхабты ұстанушылар.*

**ШАФҚАТ** зат. ескікіт. ***Шапқат.***

**ШАФРАН** зат. **1.** бот. <лат. crocus> *Құртқашаштар тұқымдасы.* **2.** өс. <лат. crocus alatavicus> *Зағыпыран, құртқашаштар тұқымдасы бойынша бәйшешек туысына жататын шөптесін өсімдік.* **3.** *Мәуесі сарғыш, онша ірі емес тәтті алма сорты.*

**ШАФХАТ** [ар. شفقة ] зат. ескі кіт. *Шапағат.*

**ШАФҺАТКЕР** ар. зат. ескі кіт. *Қолдаушы, жақтаушы.*

**ШАХ**[1] [ир. شاه ] зат. *Ирандағы монархтың, Үндістандағы кейбір мұсылман билеушілерінің лауазымы.*

**ШАХ**[2] зат. *Шахмат ойынында бір фигураның қарсы жақтың короліне шабуыл жасауы.*

**ШАХБИБІ** зат. *Шахтың әйелі.*

**ШАХЗАДА** [ир. شاهزاده ] зат. *Шахтың, патшаның баласы.*

**ШАХИНШАХ** [ир. شاهنشاه ] зат. *Шахтың шахы, шахтың ең үлкені.*

**ШАХИРСТАН** [ир. شهرستان ] зат. көне. *Орта Азияның феодалдық аумағының дуалмен қоршалған негізгі бөлегі.*

**ШАХМАТ** зат. спорт. *Ақ және қара фигуралармен тақта бетіндегі алпыс төрт тор көзде өзіне тән ережелері бойынша ойналатын ойын.*

**Шахмат тақтасы.** *Шахмат, дойбы тастарын жүргізіп ойнауға арналған тақта.*

**ШАХМАТШЫ** зат. *Шахмат ойнаушы адам.*

**ШАХСИЯТ** зат. ескі кіт. *Жеке адам мен тұлғаның қаситиеттері мен мінез-құлқы.*

**ШАХТА** [нем. Schacht] зат. *Жер астынан пайдалы кен қазу жұмыстарын жүзеге асыратын тау-кен кәсіпорны.*

**Шахта алабы.** кен. *Кенді қазып алуға бөлінген кен орнының бір бөлігі.* **Шахта алабының шекарасы**. кен. *Шахта алабының кенорынның басқа бөліктерінен бөліп тұрған үстіңгі беті.* **Шахта желдеткіштері.** кен. *Жерасты қазбалар желісі арқылы ауаның, газдың, шаңның жылжытылуын қамтамасыз ететін мәшинелер.* **Шахта клеттері.** кен. *Шахта оқпаны бойымен пайдалы қазылым не таужыныс тиелген вагоншаларды көтеріп шығаруға, адамдарды, жабдықтар мен материалдарды көтеріп-түсіруге арналған қондырғы.* **Шахта көлігі.** кен. *Шахтаның жұмысшыларды, қазылып алынған кенді және басқа заттарды (бекітпе, қопарғыш заттар, құрал-жабдықтар, мәшинелер т.б.) тасымалдауға арналған көлігі.* **Шахта құдығы.** *Қабырғасын ағашпен, таспен, кірпішпен, бетонмен немесе шеңберлі темірбетон немесе сексеуілмен және т.б. материалдармен бекітіп, халық мұқтаждығына пайдаланатын шахта түріндегі механизмдер көмегімен жұмыс істейтін шыңырау құдық.* **Шахта оқпандары**. кен. *Жер бетіне шықпасы бар, шахта алабы шегіндегі жерасты жұмыстарын қамтуға арналған тік не көлбеу оқпандар, тұрақты тіреулері бар, тік немесе көлбеу қуыс жол.* **Шахта парашюті.** кен. *Көтергіш сым арқан үзіліп кеткен жағдайда шахта клеттерін (еңіс көтерілім кезінде – вагоншаларды) ұстап, баяулатып тоқтатуға арналған, автоматты түрде жұмыс істейтін құрылғы.* **Шахта сулары.** кен. *Пайдалы қазбалар өндіру кезінде жерасты суларының кең ұңғымаларға ағып келуінен құралатын сулар.*

**ШАХТАЛАС** сын. *Бір шахтада жұмыс істейтін.*

**ШАХТАЛЫ** сын. *Шахтасы бар.*

**ШАХТАЛЫҚ** сын. *Шахтаға қатысты, шахтаға тән.*

**Шахталық көтергі қондырғылар.** кен. *Өндірілген кенді (көмірді) және жерасты қазбаларын ұңғу барысында алынған таужыныстарды жерүстіне шығаруға, адамдарды тез және қауіпсіз көтеріп, түсіруге, шахта жабдықтарын, құрал-саймандарын және басқа материалдарды тасымалдауға арналған қондырғылар.* **Шахталық пеш.** кен. *Жұмыстық кеңістігі дөңгелек не тік бұрышты биік шахта түрінде жасалған өнеркәсіптік пеш.* **Шахталық су.** кен. *Көмір өндірілетін жерлерде тау-кен қазындыларының ішіне ағып кіретін (енетін) және пайдалы қазбалар кенорындарының үстін ашу және ормен қарай қазу жағдайларына әсер ететін жерасты (кейде жерүсті) суы.* **Шахталық сужиғы**. кен. *Жер үстіне су тартып шығару алдында оны жинап, тұндыруға арналған орын.* **Шахталық таспа.** кен. *Жер астындағы кен қазбаларының арасын өлшеуге және геодезиялық-маркшейдерлік жұмыстарда бағыттарды дәл анықтауға арналған аспап.* **Шахталық үйінді.** кен. *Жерасты жұмыстары кезінде қазып шығарылатын бос таужыныстарын үю нәтижесінде құралатын үйінді.*

**ШАХТЕР** зат. *Шахталарда жұмыс істейтін таукен жұмысшысы.*

**ШАХТКОМ** зат. *Шахта комитеті.*

**ШАҺ** [ир. شاه ] зат. **1.** *Шах, патша.* **2.** *Шығыстың кейбір елдеріндегі жоғары билеушінің лауазымы.*

**ШАҺАДАТ** [ар. شهادة ] зат. ескікіт. **1.** *Айғақ; куәлік; көрсеткіш; куәлік ету, куә болу.* **2.** *Кәлимаға тілін келтіру.*

**ШАҺАДАТНАМА** зат. ескікіт. *Анықтама, қолхат.*

**ШАҺАНШАҺ** ир. зат. ескікіт. *Патшалардың патшасы (Иран шаһының мәртебесі).*

**ШАҺАР** [ир. شهر ] зат. ескікіт. **1.** *Қала, шәр.* **2.** *Мекен, орын.*

**ШАҺАРИ**[1] зат. ескікіт. *Қалалық адамдар, қала адамдары.*

**ШАҺАРИ**[2] зат. <грек. megas – үлкен, polis – қала> *Үлкен қала, ірі мәдени-өндірістік әрі әкімшілік-аумақтық орталық.*

**ШАҺАРИАР** ир. зат. ескікіт. *Шадияр. (Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі). [Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын бірінен кейін бірі билеген төрт әділетті халифа тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі болған].*

**ШАҺАРСТАН** зат. <грек. megas – үлкен, polis – қала> *Үлкен қала, ірі мәдени-өндірістік, әрі әкімшілік-аумақтық орталық.*

**ШАҺБАЗ** [ир. شاهباز ] зат. ескікіт. **1.** *Кең пейіл, ержүрек сабаз.* **2.** *Жігіт, кісі, адам.*

**ШАҺБАЗ** ар. зат. ескікіт. *Сұңқар, қыран.*

**ШАҺЗАДА** [ир. شاهزاده ] зат. ескікіт. *Шахзада, шахтың ұлы.*

**ШАҺЗАТ** ир. зат. ескікіт. *Шаһизат, шахзада.*

**ШАҺИД** [ар. شهيد ] зат. діни. ескікіт. *Дін жолында құрбан болған адам, шейіт.*

**ШАҺИТ** [ар. شهيد ] зат. **1.** *Дін жолында құрбан болған адам, шейіт.* **2.** ауыс. *Адал, дұрыс, ақ іс үшін қаза тапқан кісі.*

**ШАҺИЯР** зат. діни. ескікіт. ***Шадияр.***

**ШАҺМАРАН** ир. зат. ескікіт. *Жыландар патшасы, маржылан.*

**ШАҺМҰРҒАН** зат. миф. *Құс патшасы.*

**ШАҺНАЛЫҚ** сын. ескікіт. *Қазыналық, қоғамдық.*

**ШАҺР** зат. ескікіт. ***Шаһар.***

**ШАҺУАТ**[1] [ар. شهوة ] зат. *Жыныс безінің ұрығы; сперматозоид.*

**ШАҺУАТ**[2] [ар. شهوة ] зат. ескікіт. *Ынтықтық, құмарлық.*

**ШАШ**[1] зат. **1.** *Адамның бас терісіне біткен жіңішке көп қыл.* **2.** биол. *Эпидермистің жіпше бітімді қылтық өскіндері.*

**Шаш ағарды**. а) *Шашына ақ түсті.* ә) *Жасы ұлғайды, қартайды.* б) *Қажыды, шаршады, ығыры шықты.* **Шаш ал десе, бас алды.** *Асыра сілтеді, шамадан, мөлшерден тыс кетті.* **Шаш етегінен малынды.** *Байлыққа қол жетті, кенелді, батты.* **Шаш етектен**. *Шамадан тыс, мөлшерден көп.* **Шаш етектен олжаға [пайдаға] батты.** *Молшылыққа батты, табысқа қарық болды.* **Шаш етектен пайда келтірді [түсірді].** *Көп пайда әкелді, қарық етті.* **Шаш жетпеді.** *Үшан-теңіз, өте мол деген мағынада.* **Шаш жіберу.** *Шаш өсіру, мезгілінде қиып отырмау.* **Шашқа қылау қосты.** *Қартайды, шашы ағарды.* **Шаш қойды [жіберді].** *Шашын өсірді.* **Шаштан көп.** *Өте көп, сансыз, мол.* **Шашы ағарды.** а) *Қартайды, жасы ұлғайды.* ә) *Шаршады, қажыды, азап шегіп, уайым басты.* **Шашы жетпейді.** *Үшан-теңіз, есепсіз, мол.* **Шашына ақ кірді.** *Қартайды, шашы ағарды.* **Шашына ақ тал енді. Шашын ағартты.** *Шаршату, қажыту, күйікке салу, қартайту.* **Шашын ақ қар шалды.** экспр. *Шашы ағарды, егде тартты, жасы ұлғайды. Шашы ағара бастады, қартайды.* **Шашына қырау түсті.** *Шашы ағарды, қартайды.* **Шашын жайды**. көне. этн. *Ескі дағды бойынша әйелдің қаралы болуының белгісі.* **Шашын жұлды.** а) *Әйел адам қатты күйінгендіктен өзін-өзі азаптады, ойбайлады.* **Шашын жұлу.** *Айғайдың астына алу, аңғыртаяқ ойнату.* **Шашын [самай шашын] қырау шалды.** *Шашын, самайын ақ басты.* **Шашын түйіді.** *Шашын біріктіріп жинады.* **Шашың жайылғыр.** қарғ. *Жақын-жанашырың өліп, аза тұтқыр деген мағынада.* **Шашы шақ келмеді.** *Қолындағы, бойындағы т.б. барын берсе де, жететін емес.*

**ШАШ**[2]**: шаш өлең.** *Өлең шөптің бір түрі.*

**ШАШ=** ет. **1.** *Бір затты әр жерге таратып салу, төгу.* **2.** *Бүрку, шашырату, себу.* **3.** *Тарату, жаю.* **4.** *Өз ішінен бір затты бөліп шығару.* **5.** ауыс. *Жиған-терген мал-мүлікті, қаражатты орынсыз жұмсау, ысырап қылу.*

**ШАША** зат. *Жылқының сирағы мен бақайшағы түйіскен жердегі бір шот ұзын қыл.*

**Шашасына шаң жұқпайды [жұқтырмайды, шалмайды].** *Жүйрік, шабысқа жүйрік; сөзге жүйрік, саңлақ.* **Шашасына шаң жұқпады.** *Оза шапты, алдына жан салмады.* **Шашасын шаң шалмайды.** *Алдына жан салмайтын жүйрік.*

**ШАШАҚ** зат. **1.** *Бір заттың шетіне әдемілік, сәндік үшін жасалған тарам-тарам салпыншақ; жіп күлтесі.* **2.** *Бір нәрсенің шеті, жиегі.* **3.** әск. *Әскери дәрежені білдіретін рәміздік белгі.*

**Шашақ атты [жарды].** а) *Гүлдеді, құлпырды.* ә) *Есейді, бой жетті.*

**ШАШАҚГҮЛ: шашақгүл тұқымдасы.** бот. <лат. resedaceae>

**ШАШАҚГҮЛДЕР** зат. бот. <лат. resedaceae> *Шөптесін, кейде бұта, бұташық түріндегі қосжарнақты бір-екі немесе көпжылдық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ШАШАҚҚАНАТТЫЛАР** зат. зоол. <лат. thysanoptera> *Денесінің ұзындығы 0,5–2 (сирек 14) мм. 2 жұп қысқа қанаты бар жәндіктердің бір отряды.*

**ШАШАҚТА=** ет. *Шашақ салу, шашақ тағу.*

**ШАШАҚТАЛ=** ет. *Шашақ тағылу, шашақпен көмкерілу.*

**ШАШАҚТАЛУ** *Шашақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАҚТАН=** ет. *Шашақ түрінде болу.*

**ШАШАҚТАНУ** *Шашақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАҚТАУ** *Шашақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАҚТЫ** сын. *Шашағы бар, шашақталған.*

**Шашақты найза.** этн. *Батырлық белгісі ретінде тағылған шашағы бар найза.*

**ШАШАЛ** зат. кәс. *Мұз үстінде балық аулау үшін қолданылатын темірден жасалған айыр тәрізді құрал.*

**ШАШАЛ=** ет. *Тамақты бір нәрсенің жыбырлатуы салдарынан қақалу, жөтелу.*

**ШАШАЛТ=** ет. *Шашалдыру, қақалдыру.*

**ШАШАЛТУ** *Шашалт етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАЛУ** *Шашал етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАЛЫ** сын. *Шашасы ұзын, қалың.*

**ШАШАЛЫҚ** зат. *Шаша тұратын жер.*

**ШАША-МАША** үст. сөйл. *Төгіп-шашып, сүрініп-қабынып.*

**ШАШАУ** үст. *Шашылып-төгіліп, оқшау, жырақ.*

**Шашау жатты.** *Бөлек, бақылаусыз болды.* **Шашау шығармады.** *Рәсуа етпеді, басқа шаш-*

*пады; шашыратып алмады.* **Шашау шықпады.** *Бөлек кетпеді, топтанып бірге жүрді.*

**ШАШАУЛА=** ет. *Шеттеу, оқшаулау.*

**ШАШАУЛАН=** ет. *Шеттеу, оқшаулану, шеткерілену.*

**ШАШАУЛАНУ** *Шашаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАУЛАУ** *Шашаула етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШАУСЫЗ** үст. **1.** *Ысырапсыз, шығынсыз.* **2.** *Түгелімен, тұтастай, біртұтас.*

**ШАШБАУ** зат. этн. *Бұрымның үш жағына қоса өретін, күміс теңге, шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке жай жіптен не жібектен ескен бау.*

**Шашбауын көтерді**. *Біреудің сөзін сөйлеп жағынды, жыртысын жыртты.*

**ШАШБАУЛА=** ет. **1.** *Шашбау тағу, шашбау салып өру.* **2.** ауыс. *Қошеметтеу, көтермелеу.*

**ШАШБАУЛАУ** *Шашбаула етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШБАУЛЫ** сын. *Шашбау таққан, шашбауы бар.*

**ШАШКЕПТІРГІШ** зат. *Жуған шашты кептіруге арналған құрылғы.*

**ШАШҚА** зат. егіншар. *Шөп-шары, қауызы, шаңы толық арылмаған бидайдың қырмандағы үйіндісі.*

**ШАШҚАП** зат. этн. *Шашты, бұрымды шаң-тозаңнан, күн көзінен қорғау үшін арнайы тігілетін ұлттық сәндік бұйым.*

**ШАШҚЫЗ=** ет. *Шаштыру, шашырату.*

**ШАШҚЫЗУ** *Шашқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШҚЫН** сын. *Шашыранды, шашырап, бытырап жатқан.*

**ШАШҚЫСТЫРҒЫШ** зат. *Шашты жинап, түйіп, байлап қоюға арналған қыстыратын сәндік бұйым.*

**ШАШҚЫШ** зат. тех. *Дәрі-дәрмек себуге арналған құрал.*

**ШАШЛЫҚ** зат. тамақ. *Істікке шаншып шоққа пісірілген ет; кәуап.*

**ШАШЛЫҚШЫ** зат. *Шашлық пісірумен маманданған адам.*

**ШАШЛЫҚХАНА** зат. *Шашлық пісіріп, сататын орын.*

**ШАШМАҚАМ** зат. өнер. *Өзбек және тәжік халықтарының ежелден келе жатқан кәсіби музыка жанры, классикалық музыка үлгісі.*

**ШАШМАР** зат. жерг. *Аңыз, егін салған жердің орны, егіні орылған жер.*

**ШАШПА¹** зат. сөйл. *Малға шөп, жем шашып, азықтандыратын орын.*

**ШАШПА²** сын. жерг. *Мырза, қолы ашық, береген.*

**ШАШПАЙ-ТӨКПЕЙ** үст. *Ысырап етпей, шығындатпай.*

**ШАШПАУ** зат. сөйл. ***Шашбау.***

**ШАШСИПАР** көне. этн. *Күйеуді қалыңдығымен алғаш таныстырудағы жоралғы.*

**ШАШСИПАТАР** зат. этн. көне. *Жеңгетайлық үшін берілетін ырым.*

**ШАШТАЙ** сын. *Шаш сияқты, шаш тәрізді.*

**ШАШТАРАЗ** зат. **1.** *Шаш қиғызып, сақал-мұрт алдыратын орын.* **2.** *Осы мамандықты кәсіп еткен адам.*

**ШАШТАС=** ет. *Шаштан алып жұлысу.*

**ШАШТАСУ** *Шаштас етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШТЫ** сын. *Шаш қойған, шашы бар. // Шашы бар, шаш қойған адам.*

**ШАШТЫҚЫЗ** зат. бот. <лат. arthraxon> *Астық тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер.*

**ШАШТЫР=** ет. *Шашқызу, шашыратқызу.*

**Жар шаштырды.** *Әмірін таратты.*

**ШАШТЫРУ** *Шаштыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШУ¹** зат. **1.** этн. *Бала туылғанда, тұсау кескенде, сүндетке отырғызылғанда, келін түскенде, күйеу келгенде, отау көтергенде, бүркіт ұстап әкелгенде, жүйрік ат бәйгеден озғанда, алыс сапардан жолаушы оралғанда т.б. қуанышты жағдайларға байланысты шашылатын құрт, ірімшік, өрік-мейіз, кәмпит жиынтығы.* **2.** ауыс. *Сый, сыйлық.*

**Шашу шашты.** этн. а) *Жаңа түскен келін, жас нәрестеге т. б. қуанышты жайға байланысты жасалатын ырым.* ә) *Тойға арнау, жыр айтты.*

**ШАШУ²** *Шаш етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Себу, егу.* **2.** *Шашырату.* **3.** ауыс. *Рәсуа ету, ысыраптау.*

**ШАШУДАЙ** сын. *Шашу сияқты, шашу тәрізді.*

**ШАШЫҚ¹** зат. сөйл. ***Сүлгі.***

**ШАШЫҚ²** сын. жерг. *Сирек, шашыраңқы, бытыраңқы, сұйылыңқы.*

**ШАШЫЛ=** ет. **1.** *Таралу, үлестірілу.* **2.** *Төгілу, шашырау, жайылу.* **3.** *Бөлініп шығу, таралу.* **4.** *Егін егілу, тұқым себілу.* **5.** *Ыбырсу, қоқу.* **6.** *Әр жерде бір қалу, бытырау.* **7.** *Жан-жаққа жайылу, бөліну.* **8.** ауыс. *Жария болу, бәріне белгілі болу.* **9.** ауыс. *Көп болып, толып жату.* **10.** ауыс. *Ыдырау, берекесінен айырылу.* **11.** ауыс. *Барын салу, аянбау.* **12.** ауыс. *Рәсуа ету, ысырап жасау.*

**ШАШЫЛҒЫ** зат. этн. тамақ. *Ұлттық тағамдардың бір түрі.*

**ШАШЫЛУ** *Шашыл етістігінің қимыл атауы; аянбау, барын салу.*

**ШАШЫЛЫП-ТӨГІЛ=** ет. *Бейберекет жату, рәсуа болу.*

**ШАШЫЛЫП-ТӨГІЛУ** *Шашылып-төгіл етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШЫН** зат. *Жауын-шашын қос сөзінің екінші сыңары.*

**ШАШЫН** зат. *Қар көшкіні жиі түсетін беткей, жер бедері.*

**ШАШЫҢҚЫ** сын. *Бытыраңқы, жинақы емес.*

**ШАШЫҢҚЫРА=** ет. *Шаша түсу, аздап шашу.*

**ШАШЫҢҚЫРАУ** *Шашыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШЫП-ТӨГУ** *Шашып-төк етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШЫП-ТӨК=** ет. *Ысырап қылу, рәсуа ету.*

**ШАШЫРА=** ет. **1.** *Бытырау, жан-жаққа кету.* **2.** *Басы қосылмау, бірікпеу, ұйыспау.* **3.** *Жарық түсу, жан-жаққа сәуле шашу.* **4.** *Су шалу, себелену, төгілу.* **5.** *Таралу, жайылу.* **6.** *Бөлініп шығу, басталу.* **7.** ауыс. *Тырым-тырақай ұшу.*

**ШАШЫРАН** зат. сөйл. *Диаспора.*

**ШАШЫРАНДЫ** сын. **1.** *Шашыраған, әр жерде бір көрінген.* **2.** ауыс. *Бытыраңқы, басы бірікпеген, тұтаспаған, жүйесіз.* **3.** *Әр жерден бір шыққан, әр жерден естілген.*

**Шашыранды металдар**. геол. *Таужыныстар мен рудаларда өте аз мөлшерде ұшырасатын, өзіндік минералдық агрегаттарды да өте сирек құратын металдар (элементтер).* **Шашыранды элемент.** хим. геол. *Табиғи жағдайда химиялық қосылыстары өте сирек кездесетін немесе өз қосылыстарын түзбейтін химиялық элементтер.*

**ШАШЫРАНДЫЛАУ** сын. **1**. *Шоғырланбаған, тұтаспаған, сиректеу.* **2.** ауыс. *Жүйесіздеу, бытыраңқы.*

**ШАШЫРАНДЫЛЫҚ** зат. *Бытыраңқылық, жүйесіздік.*

**ШАШЫРАҢҚЫ** сын. **1.** *Аздап шашыраған, сирек орналасқан, шоғырланбаған.* **2.** ауыс. *Жүйесіз, бытыраңқы.*

**Шашыраңқы элементтер.** хим. *Жеке өз минералдарын түзбейтін химиялық элементтер.*

**ШАШЫРАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Бытыраңқылық, шашырандылық.*

**ШАШЫРАҢҚЫРА=** ет. *Бет-бетімен тарап кету, бытыраңқырау.*

**ШАШЫРАҢҚЫРАУ** *Шашыраңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШЫРАТ=** ет. **1**. *Бытырату, басын біріктірмеу, шоғырландырмау.* **2.** *Жинақтамау, әр нәрсені бір айту.*

**ШАШЫРАТҚЫ¹** зат. **1.** *Ұзын сабақты, басы бүршікті дәрі-дәрмектік қасиеті бар өсімдік.* **2.** <лат. cichorium> *Биіктігі 20–150 см-дей, тамыры жуан, тік өсетін сабағының сыртын сиректеу түк басқан күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШАШЫРАТҚЫ²** зат. этн. **1.** *Мал күйлеген, шағылысқан кездегі жасалатын ырым, той.* **2.** *Тоқты, шыбыш күйектен шыққанда қойшыға ырым қып беретін сыйлық.*

**ШАШЫРАТУ** *Шашырат етістігінің қимыл атауы.*

**ШАШЫРАУ¹** зат. әск. *Бірыңғай жағдайда бір қарудан атыс (зымыран жіберу, бомба тастау) кезінде кейбір алаңдарда (кейбір кеңістіктерде) снарядтардың, оқтардың, гранаттар мен бомбалардың түсу нүктелерін (әуеде жарылуын) шашырату үдерісі.*

**ШАШЫРАУ²** *Шашыра етістігінің қимыл атауы; шашылу, төгілу.*

**Шашырау ауданы.** әск. *Атыс кезінде бір қондырғыдан атылған снарядтардың (оқтардың, гранаттардың) құлау нүктелері анықталатын алаң.* **Шашырау ореолы.** геол. *Кен орындарымен байланысты химиялық элементтер мөлшерінің геохимиялық фонмен салыстырғанда жоғары (кейде төмен) болып келетін табиғи түзілімдердің белдемдері.*

**ШАШЫС=** ет. *Шашырату, шашу, төгу, ыбырсытысу.*

**ШАШЫСУ** *Шашыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЮ** *Шай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жуу, су тигізу.* **2.** саят. *Бабына келтіру үшін арнайы тәсілдермен қыран құстың қаясын түсіру, ішін тазалау.*

**ШАЯ¹** зат. жерг. *Тұқым сепкен кезде дән сирек түсіп, егін шықпай қалған жер.*

**ШАЯ²** сын. жерг. *Бойы аласа, өзі сирек шыққан (өсімдік).*

**ШАЯ³** сын. *Ашуланшақ, ызақор.*

**ШАЯЛА=** ет. жерг. *Быртиып бойы өспей қалу.*

**ШАЯЛАН=** ет. жерг. *Тырбиып, өспей қалу.*

**ШАЯЛАУ¹** сын. *Шақарлау, ызақорлау.*

**ШАЯЛАУ²** *Шаяла етістігінің қимыл атауы.*

**ШАЯЛЫҚ** зат. *Ызақорлық, шақарлық.*

**ШАЯН** зат. зоол. <лат. astacus fluviailis> *Көпаяқты, денесі бунақ-бунақ, бунақаяқтылар типі, шаянтәрізділер класына жататын су қоймаларында тіршілік ететін жәндік.*

**Шаян тіл**. *Шағып алатын, улы тілді сөз.*

**ШАЯНБУНАҚ** зат. *Кекіренің бір түрі; түстік кекіре; емкекіре, укекіре.*

**ШАЯНДАЙ** сын. *Улы, ащы.*

**ШАЯНКӨЗДІ** сын. *Жексұрын пиғылды.*

**ШАЯНМОЙНАҚ** зат. өс. *Шаянбунақ, кекіренің бір түрі.*

**ШАЯНМОЙЫН** зат. өс. сөйл. *Жылантамыр.*

**ШАЯНОТ** зат. бот. <лат. araceae> *Лиана, эпифит, кейде су өсімдіктер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШАЯНТӘРІЗДІЛЕР** зат. зоол. <лат. crustacea> *Тұщы суқоймаларда, теңіздерде көп тараған, денелерінің ұзындығы – 1–2 мм-ден 80 см-ге дейін жететін екі қос мұртшалары бар баскеуде және құрсақ бөлімнен тұратын буынаяқтылар типінің үлкен бір класы.*

**ШАЯНТЕКТЕСТЕР** зат. зоол. ***Шаянтәрізділер.***

**ШАЯНША** үст. *Шаян сияқты, шаянға ұқсап.*

**Шаянша шақты**. *Ащы тілмен шанышты, тілдеді, түйреді.*

**ШӘДДЕ** [ар. شدة ] сын. жерг. *Ашушаң, күйгелек.*

**ШӘДИТ** зат. көне. *Жоқтық, қайғы.*

**ШӘЖДЕ** [ар. سجدة ] зат. сөйл. ***Сәжде.***

**ШӘЙ**[1] зат. сөйл. ***Шай.***

**ШӘЙ**[2] од. *Қой-ешкіге айтылатын жекіру одағайы.*

**Шәй деспеді [десіп көрмеді].** *Сөзге келіп ұрыспады, ешкіммен тұс шайыспады.*

**ШӘЙГӨН** зат. жерг. *Аққұман, шай қайнататын құман.*

**ШӘЙКЕСЕ** зат. жерг. *Шай ішетін кесе.*

**ШӘЙЛА** зат. жерг. *Жазда мал тұратын қамыстан, құрайдан, талдан жасалған күрке, қос қора.*

**ШӘЙЛАН=** ет. *Шай ішу.*

**ШӘЙ-МӘЙ** зат. жерг. ***Шәй-пай.***

**ШӘЙНЕК** зат. **1.** *Шай қайнататын 3–4 литрлік ыдыс, шәугім.* **2.** жерг. *Шай шығаратын ыдыс, аққұман.*

**ШӘЙПИ** зат. өс. жерг. *Ермен, алабота, шырмауық сияқты арамшөптің бір түрі.*

**ШӘЙ-ПҰЛ** зат. сөйл. *Ұсақ-түйек нәрселер, шай мәзірі.*

**ШӘЙПІ** сын. жерг. *Шайпау, ашушаң, ұрысқақ, жанжал шығарғыш.*

**ШӘЙСАНДЫҚ** зат. жерг. этн. *Шай жабдығын салып қоятын сандықша.*

**ШӘЙТ** од. *Қой-ешкіні қайтару одағайы.*

**Шәйт демеді.** *Үндемеді, біреуде-біреудің жұмысы болмады, қыңқ етпеді.* **Шәйт демеу.** *Үндемеу, біреуде біреудің жұмысы болмау, қыңқ етпеу.*

**ШӘЙ-СЕКЕР** зат. жерг. *Шай-қант, шай жабдық.*

**ШӘЙ-ШАМАЛАҚ** зат. жерг. *Шай-пай, шай-шапқыт.*

**ШӘЙ-ШӘЙЛА=** ет. *Шәй, шәй деп қойды қайыру.*

**ШӘЙ-ШӘЙЛАУ** *Шәй-шәйла етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЙШӨП** зат. жерг. *Шайға түсі ұқсас жапырақты шөп.*

**ШӘЙЫМ:** **шәйымға келтірмеді.** *Шыдатпады.*

**ШӘЙІ** зат. *Үлбіреген жібек мата. // Нәзік, жұқа.*

**ШӘЙІР** зат. сөйл. ***Шайыр.***

**ШӘЙІТ** зат. діни. ***Шейіт.***

**ШӘК** [ар. شك] зат. *Күмән, күдік, шүбә.*

**Шәк келтірмеді.** *Ешбір күдік келтірмеді, шүбәланбады.*

**ШӘККІ** сын. жерг. *Нашар, өнімсіз.*

**ШӘКРАТ** зат. көне. *Кәсіби әскери қызмет.*

**ШӘКСІЗ** сын. жерг. *Шүбәсіз, күмәнсіз, кәміл, қалтқысыз.*

**ШӘК-ШӘК** зат. тамақ. *Шай дастарқанына арналған, майға қуырылған, қытырлақ, балға шыланған тәтті тағам.*

**ШӘК-ШӘЛЕКЕЙ:** **шәк-шәлекейін шығарды.** *Быт-шыт қылды.*

**ШӘКТЕН=** ет. *Күдіктену, күмәндану, шүбәлану.*

**ШӘКТЕНУ** *Шәктен етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘКІЛ** зат. экон. *Түрлі мерзімдегі депозиттік сертификат бойынша пайыздың түрлі мөлшерлемесін төлеуді ұсынатын банкідегі бағамдар, бағалар, мөлшерлемеле жиынтығы.*

**ШӘКІМЕ** зат. қолөнер. *Зергерлік сайманның бір түрі.*

**ШӘКІРӘ** зат. жерг. *Жас лақ.*

**ШӘКІРЛІК** зат. ескі кіт. *Шүкірлік, қанағат қылушылық, барға шүкір бола білушілік, ырзалық.*

**ШӘКІРТ** [ир. شاگرد] зат. **1.** *Медреседе оқитын оқушы.* **2.** *Мектепте тәлім-тәрбие алушы оқушы.* **3.** *Ғалымдардың ақыл-кеңесімен, жетекшілігімен ғылыми еңбек жазушы, ізденуші.* **4.** ауыс. *Ұстаздың жолын қуған, соның ісін алға апарушы үйренуші адам.*

**ШӘКІРТАҚЫ** зат. жаңа. <лат. stipendium> *Жоғары, арнайы кәсіптік оқу орындарының белгілі бір санаттағы тәлімгерлеріне ай сайын ақшалай берілетін әлеуметтік төлемақы.*

**ШӘКІРТСІЗ** сын. *Шәкірті жоқ.*

**ШӘКІРТТІК** зат. *Шәкіртке лайық қылық, іс, әрекет.*

**ШӘКІРТШЕ** үст. *Шәкіртке ұқсап, шәкірт сияқты.*

**ШӘЛДУАР** сын. жерг. *Ерке тотай.*

**ШӘЛДҮРІШ** сын. жерг. *Сөзі, ісі тиянақсыз (адам).*

**ШӘЛДІР** зат. экспр. *Тиянақ-тұрлауы жоқ, берекесіз жан.*

**ШӘЛДІР-БҮЛДІР** сын. *Әр нәрсені шатыстырып-бытыстырып жүретін, шатты-бұтты.*

**ШӘЛДІРЛЕ=** ет. *Бұтып-шатып, былдырлап сөйлеу.*

**ШӘЛДІРІК** сын. *Бір нәрсені жете білмейтін, әр нәрсенің басын шалып, бұтып-шатып сөйлей беретін (кісі).*

**ШӘЛДІРІКТЕ=** ет. *Әр нәрсені шатып-бұтып сөйлеу.*

**ШӘЛДІРІКТЕН=** ет. *Әр нәрсені шатып-бұту, беталды, жауапсыз сөйлеу.*

**ШӘЛДІРІКТЕУ** сын. жерг. *Шәлкем-шалыс, жауапсыз.*

**ШӘЛЕКЕЙ** сын. *Шалағай.*

**ШӘЛКЕ** зат. жерг. *Қамыт, шлия.*

**ШӘЛКЕМ** сын. **1.** *Күтпеген жерден жағымсыз қылық көрсететін, теріс-қағыс сөйлейтін.* **2.** жерг. *Қате, жаңсақ, жаңылыс.*

**ШӘЛКЕМДЕ=** ет. жерг. *Егіннің бауын бір жерге жинау.*

**ШӘЛКЕМДЕС=** ет. *Сөзге келісу, ұрысу.*

**ШӘЛКЕМДЕСУ** *Шәлкемдес етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЛКЕМДЕУ** *Шәлкемде етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЛКЕМ-ШАЛЫС** сын. *Теріс-қағыс, керегар.*

**Шәлкем-шалыс келді.** а) *Қарсы келді, келіспеді, қарсыласты.* ә) *Көңіліне келді, ауыр тиді.*

**ШӘЛКЕМ-ШАЛЫСТАУ** сын. *Араз-құраздау, қырбайлау.*

**ШӘЛКЕМ-ШАЛЫСТЫҚ** зат. *Қырғиқабақтық, араздық.*

**ШӘЛКЕС** сын. **1.** *Асау, үйретілмеген.* **2.** ауыс. *Қыңыр, сотқар.*

**Шәлкес басты.** *Қателесті, жаңылысты.* **Шәлкес кетті.** *Түсініспеді, қарсы келді.* **Шәлкес сөз.** *Қисық-қыңыр сөз.*

**ШӘЛКЕСТЕН=** ет. *Қиястану, қиқаю, қыңырлану.*

**ШӘЛКЕСТЕНУ** *Шәлкестен етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЛКЕСТЕУ** сын. **1.** *Асаулау, бұғауға бағына қоймаған.* **2.** *Қыңырлау, қырсықтау.*

**ШӘЛКЕСТІК** зат. *Қиқарлық, қиястық, шәлкем-шалыстық.*

**ШӘЛКІ**[1] зат. жерг. *Жағаға тоқтағанда қайықты байлайтын арқан.*

**ШӘЛКІ**[2] сын. жерг. *Шәлкес, қырсық, қыңыр.*

**ШӘЛПЕЙ** зат. өс. сөйл. *Сәлбен (тау беткейлерінде, тастақты жерлерде өсетін, биіктігі 30-70 см-дей, құрамында эфир майы болатын, дәрілік, көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ШӘЛПИ** зат. өс. жерг. *Суға қайнатып тұнбасын пайдаланатын шөптің бір түрі, шәлпей.*

**ШӘЛПИ** зат. өс. сөйл. *Шәлпей, сәлбен.*

**ШӘЛТЕҢ** елік. *Арық, тыриған адамның, малдың т.б. қиралаң етіп қозғалғандағы қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*

**ШӘЛТЕҢДЕ=** ет. *Қиқаңдау, бұлғақтау.*

**ШӘЛТЕҢДЕУ** *Шәлтеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЛТИ=** ет. *Бойының қысқалығына қарамай ширену, қайқаю.*

**ШӘЛТИЮ** *Шәлти етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘЛТҮРІШ** сын. жерг. *Шәлкес, қыңыр (адам).*

**ШӘЛТҮРІШТІК** зат. *Шәлкестік, қыңырлық.*

**ШӘЛТІК** зат. *Шәлтиіп қалған, бойы тапал адам.*

**ШӘЛІ** зат. *Әйелдердің басына жамылатын үлкен жылы орамал.*

**ШӘЛІК** зат. *Теңіздің жағасындағы суға сұғына кіріп тұрған құрғақ жер, жал.*

**ШӘЛІЛІ** сын. *Шәлісі бар, шәлі салған.*

**ШӘЛІЛІК** сын. *Шәлі боларлық, шәліге лайық.*

**ШӘМБЕ** зат. жерг. *Қайнатқан шайдың қалған қалдығы, шама.*

**ШӘМБІЛ** зат. тамақ. *Құс етінің ішіне картоп салып, қою-сұйығы бірдей қуырылып жасалатын сорпа.*

**ШӘМПІШ** зат. өс. жерг. ***Саңырауқұлақ.***

**ШӘМСІ** [ар. شمسی] зат. ескі кіт. ***Күн.***

**ШӘНИ=** ет. *Паңсынып ширену, қайқаю.*

**ШӘНИЮ** *Шәни етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘН-САУҚАТ** зат. сөйл. *Сән-салтанат.*

**ШӘНТИ=** ет. экспр. *Бойы тапал адамның ширеніп отыруы, тұруы.*

**ШӘНТИЮ** *Шәнти етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘНТІК** сын. экспр. *Шәнтиген, шәниген.*

**ШӘНШӘРҮЙ** зат. жерг. *Қазан жаққа тігіп қоятын тік уықты, сүйір төбелі кішкене қосалқы киіз үй.*

**ШӘНІ** зат. ескі кіт. *Шен, дәреже.*

**ШӘНІК** зат. жерг. *Өріктің сүйегі.*

**ШӘҢГЕ**[1] зат. жерг. тамақ. *Арасына ет салып табаға көмген нан.*

**ШӘҢГЕ**[2] зат. жерг. *Ирек-ирек болып сырма бораннан кейін түскен шиыр қар.*

**ШӘҢГЕК** зат. **1.** этн. *Малды іліп соятын аспа ілмек ағаш.* **2.** *Дүкендегі ет іліп қоятын басы қайырылған темір.* **3.** *Тармақтала өскен бұтақтары бар қатты ағаштан, еліктің мүйізінен немесе темірден жасалған аспап.* **4.** *Майда-шүйде заттарды іліп қою үшін қабырғаға не үйдің төбесіне бекітілген, қозғалып тұратын ағаш.*

**ШӘҢГІРЛЕ=** ет. *Шәңгір-шәңгір ету, шәңкілдеу.*

**ШӘҢГІРЛЕУ** *Шәңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘҢГІШ** зат. өс. сөйл. ***Шәңкіш*** *(ушқат тұқымдасына жататын жемісті бұта өсімдігі).*

**ШӘҢК** елік. *Кенеттен шаңқ ете қалған жіңішке дыбысты білдіретін сөз.*

**ШӘҢКІЛДЕ=** ет. **1.** *Шәңк-шәңк еткен үн шығару, ұру.* **2.** ауыс. *Шаңқылдап сөйлеу, дауыс көтеру.*

**ШӘҢКІЛДЕК** сын. *Шәңк-шәңк еткен, шәңкілдеген.*

**ШӘҢКІШ** зат. өс. <лат. viburnum> *Ушқаттар тұқымдасына жататын бұта немесе аласа ағаш түріндегі өсімдік туысы.*

**ШӘПЕТІ** сын. *Үлкен де емес, кіші де емес, шағын.*

**ШӘПШӨР** зат. жерг. *Сандал сияқты аяқкиім.*

**ШӘР** зат. ескі кіт. ***Шаһар.***

**ШӘРБАТ** [ар. شربت] зат. **1.** *Жүзім суы, шырыны.* **2.** ауыс. *Тәтті дәм. // Шырынды, шырыны мол.* **3.** *Қасиетті су, тәтті сусын.* **4.** ауыс. *Жан саясы, рақат.* **5.** ауыс. *Саф, таза ауа.*

**ШӘРБАТТАЙ** сын. *Шәрбат сияқты, шәрбат тәрізді.*

**ШӘРБАТТЫ** сын. *Бал татыған, тәтті.*

**ШӘРБАТШЫ** зат. *Шәрбат дайындаушы.*

**ШӘРГЕЗ** сын. *Шәлкес, шалыс, қыңыр, қырсық.*

**Шәргез келді.** *Қарсы болды, келіспеді.*

**ШӘРГЕЗДІК** зат. *Қыңырлық, қырсықтық.*

**ШӘРГІЛТЕК** зат. жерг. ***Кішкентай.***

**ШӘРҒІ** зат. ескі кіт. ***Шариғат.***

**ШӘРДӘРІ** зат. *Емдік қасиеті мол, ем болатын дәрі; бірнеше дәрінің қосындысы.*

**ШӘРДӘРІЛЕ=** ет. *Дәрі-дәрмек жұмсап, жақсылап емдеу.*

**ШӘРДӘРІЛЕУ** *Шәрдәріле етістігінің қимыл атауы.*

**ШӘРИКСІЗ** сын. ескі кіт. *Тең келмейтін, бірдей болмайтын, өзімен қатар түспейтін.*

**ШӘРКЕ** зат. *Ірі қараның терісінен, көннен жасалған өкшесіз, жеңіл аяқкиім, шоқай.*

**ШӘРКЕЙ** зат. сөйл. ***Шәрке.***

**ШӘРКЕЛІ** сын. *Шәрке киген, шәркесі бар.*
**Шәркелі байпақ.** *Сыртынан өгіз терісінен – көннен тігілген шарқай, ішінен байпақ киілетін аяққиім.*
**ШӘРЛЕНУ** зат. *Қалаға шоғырландыру, урбандану, қалалану.*
**ШӘРЛІ** сын. *Қалалы, шаһарлы.*
**ШӘРМЕШ** зат. жерг. *Ұрлық істейтін адам.*
**ШӘРМІК** сын. жағымсыз. *Қарны шәрмиген.*
**ШӘРПІ** зат. жерг. *Мойынорағыш.*
**ШӘРТЕК** зат. жерг. *Шартақ, адам бойынан биік төрт бағанаға арқалықтар тастап, үстін қамыспен жапқан, айналасы ашық баспана.*
**ШӘРТІК** сын. *Қарны шығыңқы, боққарын.*
**ШӘРІМ**[1] зат. жерг. *Сыйымдылығы екі үш литрлік ыдыс.*
**ШӘРІМ**[2]**: шәрім жер.** *Шөбі шүйгін, отты жер.*
**ШӘТЕК** зат. жерг. *Ауыртпақ, кергі қауғаны суға батыру және керіп тұру үшін қолданылатын темір.*
**ШӘТЕН** зат. жерг. *Қозы, лақты қамайтын кішкене қора.*
**ШӘТКІ** зат. жерг. *Жылдам, шапшаң.*
**ШӘТ-ШӘЛЕКЕЙ: шәт-шәлекейін шығарды.** *Быт-шыт қылып, берекесін алды.*
**ШӘУ**[1] сын. саят. *Қыран құстың қартайып, жүдеп, қайраты азайған шағы.*
**Шәу тартты [болды].** *Мосқал тартты, қартайды.*
**ШӘУ**[2] елік. *Иттің үргеніне ұқсас жіңішке қысқа дыбысты білдіретін сөз.*
**Шәу етті.** *Ит шәңкілдеп, үрді.*
**ШӘУГІМ** зат. *Бүйірлі келген, шүмекті, тұтқалы шай қайнататын ыдыс.*
**ШӘУЕТ** зат. биол. <грек. sperma> *Аталық жыныс безі – ен түзетін сперматозоидтер мен қосалқы жыныс бездері бөлетін спермоплазмадан тұратын тұқымдық сұйық.*
**Шәует түзілу.** биол. <грек. spermatogenesis> *Аталық жыныс жасушаларының даму үдерісі.* **Шәует шығару.** физиол. <лат. ejaculatio> *Сперматозоидтар мен қосалқы жыныс бездері шырынының еркектің жыныс мүшесінен ытқып сыртқа шығуы.*
**ШӘУЕШЕК** зат. жерг. *Шұңғыл аяқ (ыдыс).*
**ШӘУКЕНШЕК** зат. жерг. *Шұңғыл кішкентай табақ.*
**ШӘУКИ=** ет. *Шұмшию, қушию.*
**ШӘУКИТ=** ет. *Жымырайту, мыжырайту.*
**ШӘУКИТУ** *Шәукит етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУКИЮ** *Шәуки етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУКІЛДЕ=** ет. саят. *Құстың қатты дауыстап мазасыздануы.*
**ШӘУКІЛДЕК** зат. зоол. *Көлді жерде жүретін құс.*
**ШӘУКІЛДЕС=** ет. *Адамдардың бір-бірімен шүйіркелесіп сөйлесуі.*
**ШӘУКІЛДЕСУ** *Шәукілдес етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУКІЛДЕУ** *Шәукілде етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУҚАРҒА** зат. зоол. <лат. corvus monedula> *Денесінің ұзындығы 33 см, қанатын жайғанда ұзындығы 65 см, әрбір қанаты – 22 см, құйрығы – 13 см, салмағы 150–200 г болып келетін арқасы қара, металл сияқты жылтыр, бауыры сұр қара, аяғы қызыл түсті торғайтәрізділер отряды, қарға тұқымдасына жататын құс.*
**ШӘУЛЕ** зат. тамақ. *Майы мен еті аздау, күріштен пісірілген дәмді тағам.*
**ШӘУЛІ**[1] зат. этн. *Қазандағы піскен ет пен қамырды сүзіп алатын құрал кәкпір, тесік ожау.*
**ШӘУЛІ**[2] зат. зоол. *Бүркіттің аталығы.*
**Шәулі құс.** саят. *Қыран құстардың аталығы.*
**ШӘУУӘ** [ар. شوال ] зат. діни. *Ислам күнтізбесі бойынша рамазаннан кейінгі ай.*
**ШӘУ-ШӘУ** од. *Шаңқылдаған, шіңк-шіңк еткен иттің дыбысы.*
**ШӘУШИ=** ет. *Шұмшию, қушию; шәукию.*
**ШӘУШИЮ** *Шәуши етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУШЫМЫЛДЫҚ** зат. өс. сөйл. ***Жаушымылдық.***
**ШӘУІЛ**[1] зат. өс. жерг. ***Қымыздық.***
**ШӘУІЛ**[2] зат. *Шәу-шәу етіп үрген дыбыс.*
**ШӘУІЛДЕ=** ет. *Шәу-шәу етіп үру, дыбыстау.*
**ШӘУІЛДЕК** сын. *Шәу-шәу етіп үрген, шәуілдеп қалған.*
**ШӘУІЛДЕС=** ет. **1.** *Шәуілдеп үру.* **2.** *Шәу-шәу етісу, шулау.*
**ШӘУІЛДЕСУ** *Шәуілдес етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУІЛДЕТ=** ет. *Шәу-шәу еткізу.*
**ШӘУІЛДЕТУ** *Шәуілдет етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУІЛДЕУ** *Шәуілде етістігінің қимыл атауы.*
**ШӘУІЛЖІ: шәуілжіге қақты.** *Ауызға қағып тоқтатты.*
**ШӘУЛІ** зат. өс. жерг. ***Қымыздық.***
**ШӘУІМ** зат. этн. жерг. *Түбі тікше келген кішкене шойын қазан.*
**ШӘУІП-ШӘУІП** од. *Сиыр малын суарғанда айтылатын шақыру одағайы.*
**ШӘУІШ** зат. *Су жағасында жаңа ғана іліккен жұқа қабыршақ мұз, қата бастаған мұз.*
**ШӘҺӘР** зат. ескі кіт. ***Шаһар.***
**ШӘҺИ** [ар. شاهی ] сын. көне. *Асыл, текті.*
**ШӘҺИД** зат. діни. ***Шәйіт*** *(Құдай жолында құрбан болушы).*
**ШӘҺИЗАТ** сын. көне. *Асыл текті жан.*
**ШӘШКЕ** зат. *Тамақ құятын кішірек ыдыс.*
**ШӘШКЕЛЕП** үст. *Шәшке-шәшке етіп.*
**ШВЕД** зат. *Ұлт, Швецияның негізгі халқы.*
**Швед тілі.** *Шведтердің ұлттық тілі, Швецияның ресми тілі, сондай-ақ Финляндияның екінші мемлекеттік тілі.*
**ШВЕЛЛЕР** зат. спорт. *Альпинизмде тасқа бекітілетін қазық түрі.*
**ШЕ** шыл. *Сұраулық шылау.*
**ШЕБДЕ=** ет. жерг. *Шамалау, долбарлау.*
**ШЕБДЕУ** *Шебде етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕБЕР** зат. **1.** *Қолынан іс келетін өнерпаз адам, ісмер, ұста. // Еш кемшілігі жоқ, мінсіз.* **2.** инф. *Көптеген Windows бағдарламаларында тұтынушыдан мәліметтер сұрай отырып, керекті әрекеттер тізбегін қатесіз әрі жылдам орындауға көмектесетін сараптаушы шағын ішкі бағдарламалар.*
**Шебер жігіт.** *Он саусағынан өнер тамған, істің көзін таба білетін, ісмер жігіт.* **Шебер қол.** *Өнерлі адам.*
**ШЕБЕРШӨП** <лат. brachypodium> зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ШЕБІЛ** зат. жерг. *Жол, қара жол.*
**ШЕБЕРЛЕ=** ет. *Шебер қалыпқа келтіру, мәнерлеу, әдемілеу.*
**ШЕБЕРЛЕН=** ет. *Маманданып төселу, машықтану.*
**ШЕБЕРЛЕНДІР=** ет. *Мамандандыру, машықтандыру.*
**ШЕБЕРЛЕНДІРУ** *Шеберлендір етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕБЕРЛЕНУ** *Шеберлен етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕБЕРЛЕУ** *Шеберле етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕБЕРЛІК** зат. *Іскерлік, ұсталық, өнерпаздық.*
**ШЕБЕРХАНА** зат. *Бұйым дайындап шығаруға арналған үй, орын.*
**ШЕВИОТ** [ағыл. cheviot] зат. *Сырткиімдік жүннен жасалған жеңіл мата.*
**ШЕГЕ** зат. **1.** *Ұрар жағында қалпақшасы бар, ұшкір келген ұзын жіңішке темір.* **2.** *Қарапайым бекіту құралы.*
**Шеге тию.** *Шеге мен тағаның үйлеспеуінен аттың аяғына шегенің батуы.*
**ШЕГЕАТ** зат. этн. *Құдандалықты бекіту үшін істелетін жоралғы.*
**ШЕГЕБИ** зат. этн. көне. *Дауды бекітетін, шешім айтар ықпалды би.*
**ШЕГЕДЕЙ** сын. **1.** *Шеге сияқты, шеге тәрізді.* **2.** ауыс. *Мықты, қатты, өткір.*
**ШЕГЕДЕК** зат. жерг. *Қаймақшып қатқан жұқа мұз қабаты.*
**ШЕГЕКӨЗ** зат. *Тағаның шеге қағатын тесігі.*
**ШЕГЕЛЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсені шықпастай етіп, шегемен қағып, бекітіп тастау, шеге қағу.* **2.** ауыс. *Тапжылтпау, мықтау, мығымдау.*
**ШЕГЕЛЕН=** ет. **1.** *Шеге қағылу, бекітілу.* **2.** ауыс. *Нық орналасу, мығым орын табу.*
**ШЕГЕЛЕНУ** *Шегелен етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕЛЕТ=** ет. *Шеге қақтыру, жөндету.*
**ШЕГЕЛЕТУ** *Шегелет етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕЛЕУ** *Шегеле етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕЛЕУЛІ** сын. *Шегелеп қойған, бекітулі, шегеленген.*
**ШЕГЕЛІ** сын. *Шеге қағылған, шегесі бар.*
**ШЕГЕЛІК** зат. *Шеге тұратын, қағылатын орын.*
**ШЕГЕН** зат. *Шегендейтін құрсау тас, қима ағаш, өрме тал.*
**Шеген аула [қора].** *Екі жағы балшықпен сыланған қамыстан жасалған қора.* **Шеген үй.** *Балшықпен сыланған қамыстан салынған үй.*
**ШЕГЕНДЕ=** ет. **1.** *Құдықтың ішін ағашпен яки таспен өру, құрсаулап тастау.* **2.** ауыс. *Орнын толтыру, жамап-жасқау.*
**ШЕГЕНДЕЛ=** ет. *Құдықтың ішінің таспен не ағашпен өрілуі, құрсаулануы.*
**ШЕГЕНДЕЛУ** *Шегендел етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕНДЕУ**[1] зат. сушар. <франц. captage> *Бұлақ және әртүрлі жерасты суларын жинайтын әдейі жабдықталған құрылыс инженерлік-техникалық ғимарат.*
**Шегендеу құбыры.** кен. *Сулы қабаттан бөлу үшін немесе ұңғыма қабырғаларын құлаудан сақтау және олардың ішіндегі жарықшақтар қуысына бұрғы қойыртпақтарының кірмеуі үшін ұңғыма ішіне сұғылып отырғызатын металл құбыр.*
**ШЕГЕНДЕУ**[2] *Шегенде етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕНДЕУЛІ** сын. *Шегенмен бекітілген, қоршалған.*
**ШЕГЕНДЕУІШ** зат. **1.** көне. *Құмды жерде қазылған құдықтың жан-жағынан талдан тоқып жасалатын, құмның суға түсуінен қорғап тұратын торлама.* **2.** лингв. *Мәтіндегі күрделі фразалық тұтастық (абзацтар) арасын жалғап тұратын қысқырма сөздер.*
**ШЕГЕНДІ** сын. *Шеген салынған, шегені бар.*
**ШЕГЕНДІК** сын. кен. *Шегенге тән, шегенге қатысты.*
**ШЕГЕНҚҰДЫҚ.** зат. **1.** сушар. *Жерасты суларын пайдалануға арналған гидротехникалық құрылыс.* **2.** этн. *Қазылған құдықтың төңірегі орылып, түбіне түсіп кетпес үшін, ішкі қабырғасы шыбық, сексеуіл, тас т.б. сол сияқты заттармен әдемілеп өрілген құдық.*
**ШЕГЕР=** ет. **1.** *Арт жаққа қарай шегіндіру, кейін қайтару.* **2.** матем. *Үлкен саннан аз санды алып тастау, азайту.* **3.** *Бірден-бірге созу, кейінге жылжыту.*
**ШЕГЕРУ** *Шегер етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕРІЛ=** ет. *Кейінге жылжыту, ысыру.*
**ШЕГЕРІЛУ** *Шегеріл етістігінің қимыл атауы.*
**ШЕГЕРІМ** зат. экон. *Тауарды сатушы өткізім нарығын кеңейту және сату көлемін ұлғайту, жекелеген шығынды жабу мақсатымен түрлі сатып алушыларға кеңшілік жасайтын сома.*
**ШЕГЕШАПАН** зат. этн. *Құдандалықты бекіту рәсімі, шешім шығарғанның белгісі.*
**ШЕГЕШІ** зат. *Шеге қағушы, шеге жасаушы.*
**ШЕГУ** *Шек етістігінің қимыл атауы; темекі тарту.*
**ШЕГІЛ**[1]**=** ет. *Темекі тартылу.*

**ШЕГІЛ²=** е т. қ о л ө н е р. *Өрнектелу, безендірілу.*

**ШЕГІЛДЕК** з а т. ө с. ж е р г. ***Бүрметікен.***

**ШЕГІЛТЕК** з а т. ж е р г. *Құрап, кеуіп қалған, қаудыраған шөп.*

**ШЕГІЛУ¹** *Шегіл¹ етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІЛУ²** *Шегіл² етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІМ¹** з а т. с ө й л. ж е р г. ***Шекара.***

**ШЕГІМ²** ш ы л. с ө й л. *Шейін, дейін.*

**ШЕГІН=** е т. **1.** *Артқа қарай көткеншектеп жылжу, шегіншектеу.* **2.** ә с к. *Өз тұғырын беру, кейін жылжу.* **3.** *Жылыстау, ығысу.* **4.** а у ы с. *Кері кету.* **5.** а у ы с. *Көну, келісу.*

**ШЕГІНДІ** з а т. *Темекінің шегілгеннен кейін қалған қалдығы, тұқыл.*

**ШЕГІНДІР=** е т. **1.** *Кейін қарай ығыстыру, жылжыту.* **2.** *Тықсырта қуу, кейін ысыру.*

**ШЕГІНДІРУ** *Шегіндір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кейін жылжыту.* **2.** *Кейін ысыру.*

**ШЕГІНДІРІЛ=** е т. *Тықсырта қуылу, шегіншектету.*

**ШЕГІНДІРІЛУ** *Шегіндіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІНТ=** е т. **1.** *Шегіндіру, кейін қарай ығыстыру.* **2.** ә с к. *Тықсырту, шегіншектету.*

**ШЕГІНТУ** *Шегінт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІНУ¹** з а т. **1.** ә с к. *Қарсыластың басым күшінің соққысынан шығу мақсатында жүргізілетін әскерлер маневрі, келесі іс-қимылға тиімді жағдай табу, уақытты ұту және басқа бағыттардағы іс-қимыл үшін күштерді босату қимыл әрекеті.* **2.** и н ф. *Бағдарламалаудың диалогтық редакторлары мен жүйелерінде – алдыңғы команданың (бірнеше команданың) орындалу нәтижесін болдырмайтын және өңделетін айнымалының немесе мәтіннің қалып-күйін қалпына келтіретін әрекет.*

**ШЕГІНУ²** з а т. с п о р т. *Тізгінді қолына алған бәсекелесін шаршату мақсатымен қорғаныс тактикасына көшіп спортшының (команданың) уақытша позициясын беру әдісі.*

**ШЕГІНУ³** *Шегін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Артқа қарай шегіншектеу.* **2.** ә с к. *Кері жылжу, позициясын беру.* **3.** а у ы с. *Райынан қайту, айну.*

**Шегіну жолағы.** ә с к. *Шегінуді жүзеге асыру үшін бірлестік (құрама) тағайындайтын жергілікті жер жолағы.*

**ШЕГІНШЕК¹** з а т. в е т. *Мал ауруының бір түрі.*

**ШЕГІНШЕК²** с ы н. *Көткеншек, жасқаншақ.*

**ШЕГІНШЕКТЕ=** е т. **1.** *Көткеншектеу, шегіну.* **2.** *Ыңғайсызданып, кейін тартыну.*

**ШЕГІНШЕКТЕТ=** е т. *Шегіндіру, тартындыру.*

**ШЕГІНШЕКТЕТУ** *Шегіншектет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІНШЕКТЕУ** *Шегіншекте етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІНІҢКІРЕ=** е т. *Шегіне түсу, аздап көткеншектеу, шегіншектеніңкіреу.*

**ШЕГІНІҢКІРЕУ** *Шегініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІНІС** з а т. **1.** *Алған беттен кейін қайту, райдан қайту, айну.* **2.** и н ф. <ағыл. indent> *Жолдың сол жақ шекарасынан оңға ығыстырыла орналасқан символға дейінгі кеңістік, яғни азат жол алдындағы өріс.* **3.** и н ф. *Беттің өрісі мен берілген мәтін жолының басы немесе соңы арасындағы кеңістік.* **4.** и н ф. *Басты командаларды ерекшелейтіндей етіп бағдарлама командаларын жазу.*

**Шегініс жасады.** *Кері шегінді, шегіншектеді.*

**ШЕГІНІС=** е т. **1.** *Кейін шегіншектесу, кері жылжысу.* **2.** ә с к. *Позицияларын беріп, кейін кету.* **3.** а у ы с. *Егесу, ерегісу.* **4.** а у ы с. *Тайсалу, жалтақтау.*

**ШЕГІНІСУ** *Шегініс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІР** с ы н. *Сарғылт, сарғыш түсті.*

**Шегір көз.** *Сарғыш келген көз.*

**ШЕГІРГҮЛДЕР** з а т. ө с. <лат. viola> *Шегіргүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, кейде шала бұталар.*

**Шегіргүл тұқымдасы.** б о т. <лат. violaceae> *Қос жарнақты, шөптесін өсімдіктер, кейде бұта, шала бұталар.*

**ШЕГІРЕЙ=** е т. *Көзбен тесірейіп қарау, тесілу.*

**ШЕГІРЕЙТ=** е т. *Тесіле қарау, тесірейту.*

**ШЕГІРЕЙТУ** *Шегірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІРЕН** з а т. э т н. *Ешкі мен қой терісінен жасалатын, бетінде бұдыры бар жұмсақ былғары.*

**ШЕГІРЕЮ** *Шегірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІРЛЕН=** е т. *Шегір тарту.*

**ШЕГІРЛЕНУ** *Шегірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕГІРЛЕУ** с ы н. *Шегір тартқан, тарғылдау.*

**ШЕГІРТАРЫ** ө с. ж е р г. *Тарының азғын түрі, күрмек.*

**ШЕГІРТКЕ** з а т. **1.** *Шырылдақ дауысты секіріп жүретін қос қанатты жәндік.* **2.** з о о л. <лат. tettigonioidea> *Тікқанатты жәндіктер отрядының қысқамұрттылар тармағына жататын жәндік.*

**Шегірткенің айғырындай.** *Кіп-кішкене болып алып, қыдыңдап ақылсынатын адам туралы айтылады.*

**ШЕГІРТКЕДЕЙ** с ы н. *Шегіртке сияқты, шегіртке тәрізді.*

**Шегірткедей қаптаған.** *Қалың, сансыз көп.*

**ШЕГІРТКЕШЕ** ү с т. *Шегірткеге ұқсап.*

**ШЕГІРШІН** з а т. ө с. <лат. ulmus campestris> *Діңінің қабығы күңгірт сұр, қабыршақ тәрізді, жапырағының ұзындығы 6–12 см, ені 3–6 см, түкті жапырақ сабағының ұзындығы 4–8 мм болып келетін, қарағаш тұқымдасына жататын өсімдік, қатты, биік ағаш.*

**ШЕГІС=** е т. *Темекі тартысты, шылым тартысты.*

**ШЕГІСУ** *Шегіс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕДУЛА** з а т. э к о н. *Бөлектеме, салық салу кезінде табыс көздері бөлінетін разрядтар.*

**ШЕДУЛАЛЫҚ** с ы н. э к о н. *Бөлектемеге, шедулаға қатысты.*

**Шедулалық табыс салығы.** э к о н. *Бөлектемелі табыс салығы.*

**ШЕДІРЕЙ=** е т. *Едірею, делдию; шетірей.*

**ШЕДІРЕМ: шедірем қал.** қ а р ғ. *Әдірем қал, адыра қал.*

**ШЕДІРЕЮ** *Шедірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЕЛИТ** з а т. х и м. *Түсі сұр, сары, қоңыр, кейде түссіз, сызығы ақ, жылтырлығы майдай, алмастай, вольфраматтар класына жататын минерал.*

**ШЕЖІРЕ** [ар. شجرة ] з а т. **1.** *Тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама.* **2.** ғ ы л. *Халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының тармағы.* **3.** а у ы с. *Көпті көрген, көп білетін адам.*

**Шежіре боп кетті.** *Шешен болды, ұзақ сөйледі.* **Шежіре тілі.** *Халықтың, ру-тайпаның, ата-бабаның шығу тегін, тарихын баяндайтын ауызекі не жазба шежірелердің өзіндік тілі; ата-тегін баяндайтын тарихи сөз.*

**ШЕЖІРЕДЕЙ** с ы н. *Шежіре сияқты, шежіре тәрізді.*

**ШЕЖІРЕЛЕ=** е т. *Шежіре қылып айтып беру.*

**ШЕЖІРЕЛЕУ** *Шежіреле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЖІРЕЛІ** с ы н. *Шежіреге толы, тарихы мол.*

**ШЕЖІРЕЛІК** з а т. *Көп білетіндік, бәрін есте ұстаушылық.*

**ШЕЖІРЕШІ** з а т. **1.** *Халықтың өткен тарихын, тұрмыс-тіршілігін ауызша таратып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші.* **2.** *Көпті көрген, тарихи оқиғаларды көп білетін адам.*

**ШЕЖІРЕШІЛ** с ы н. *Шежіре айтқыш, шежірећұмар.*

**ШЕЖІРЕШІЛДІК** с ы н. *Шежірешіл болушылық.*

**ШЕЗЛОНГ** [франц. chaise longue] з а т. *Жантайып жатуға болатын, отырғышы ұзыншалау, жазылып-жиналуы жеңіл кресло.*

**ШЕЙПИНГ** [ағыл. body shaping] з а т. с п о р т. *Басты мақсаты дененің саулығын жақсарту мен сұлу мүсінді қалыптастыру болып есептелетін дене тәрбиесі мен денсаулықты түзеудің философиялық жүйесі.*

**ШЕЙР-ДРАФТ: шейр-драфт шот.** э к о н. *Несие одақтарында салымшыларға пайыз әкелетін және чектерді төлем төлеу үшін жазуға мүмкіндік беретін чектік салым.*

**ШЕЙХ** [ар. شيخ ] з а т. д і н и. *Діни қайраткерлерге, діни пәндер білімпаздарына, сопылық бауырластықтар мен сауда-қолөнер серіктестігі басшыларына, ұстаздарға қатысты айтылатын құрметті атақ.*

**ШЕЙХЫ: шейхы әл-ислам** [ар. ]. д і н и. *Лауазым, ислам ақсақалы мағынасындағы құрметті атақ ретінде факихтерге, сопыларға берілген атақ.*

**ШЕЙІН** ш ы л. *Бір нәрсенің шегін көрсететін демеулік шылау; дейін.*

**ШЕЙІТ** [ар. شهيد ] з а т. д і н и. **1.** *Дін жолында құрбан болған адам.* **2.** *Ақ өлім; елінің құрбаны болған адам.*

**Шейіт болды.** д і н и. *Дін жолында жанын пида қылды, хақ, адалдық жолында өлді; дін жолында құрбан болды.* **Шейіт кетті.** *Құрбан болды, тосыннан жан тапсырды.*

**ШЕК¹** з а т. **1.** *Бір нәрсенің жеткен жері, аяқталып таусылар шекарасы.* **2.** *Белгілі мөлшер, шама, меже.* **3.** м а т е м. *Математиканың негізгі ұғымдарының бірі.*

**Шегі жоқ [шек бар ма?].** *Сансыз, өте көп, шексіз.* **Шегінен аса алмады.** *Шамадан шықпады.* **Шек қойды.** *Белгілі бір меже қойды.* **Шектен асты [шықты].** *Асқынды, шамадан тыс кетті.* **Шектен тыс.** *Тым көп, шамадан тыс, ерекше.* **Шектен шығып кету.** с п о р т. *Жеңіл атлетикада спорт құралын лақтыру немесе секіру кезінде спортшы денесінің немесе киімнің дөңгелек сызықтың (тіреуіштен, белгіден) шегінен тыс кетуі.* **Шек шыққан.** *Оғаш кеткен, оңашаланған.*

**ШЕК²** з а т. *Күмән, күдік, шүбә.*

**Шек келтірмеді.** *Дау-дамайы жоқ, күмәнсіз, даусыз.*

**ШЕК³** з а т. с ө й л. ***Ішек.*** **1.** *Адамның, малдың, хайуанаттардың ас қорытатын мүшелерінің бірі.* **2.** *Мал ішегінен, тарамыстан ширатылған, домбыраға таққанда үн шығаратын жіп.*

**Шегі қатты [түйілді].** *Қатты күлді.* **Шегі шұрқырады.** *Қарны ашты.*

**ШЕК⁴** з а т. э т н. *Құрбан айттың алдыңғы күні о дүниелік болған туыстарына арнап берілетін ас.*

**ШЕК⁵** о д. *Ешкі малын қайыру, тоқтату ишараты.*

**ШЕК=** е т. **1.** *Бір нәрсеге өрнек түсіру, кестелеу.* **2.** *Темекіні ішке қарай тарту, сору.*

**ШЕКАРА** з а т. **1.** *Аумақтық жағынан бірбіріне шектесіп жатқан жер.* **2.** *Шек, меже.* **3.** и н ф. <ағыл. boundary> *Қандай да бір шаманың өзгертілу межесі.* **4.** с а я с и. *Қандай да бір мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған, жер аумағының басқа мемлекеттермен шектескен сыртқы межесі.*

**Шекара әскерлері.** ә с к. *Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға, елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғушылық, әрекеттерінің жолын кесуге арналған арнайы әскерлер.* **Шекара демилитарландырылуы.** ә с к. *Халықаралық келісімшарттар негізінде шекараға жанасып жатқан қарулы күштерді жер аумағынан шығару және осы аймақтағы бекіністер мен құрылыстардың салынуына тыйым салу.* **Шекараны анықтау.** ә с к. *Шекараны делимитациялау, келіссөз жолымен мемлекеттік шекараның шебін айқындау, оның өтетін шегін сипаттау, картаға түсіру, халықаралық шартқа тиісті шарттарды енгізу.* **Шекараны қайта межелеу.** ә с к. *Шекараны редемаркациялау – халықаралық құқықта – мемлекет-*

*тік шекараның белгіленген шебін бірлесіп тексеру және қажет болған жағдайда жергілікті жерлерде қираған шекаралық белгілерді қалпына келтіру немесе жаңа шекаралық белгілер орнату, бір үлгідегі белгілерді екінші үлгідегі белгілермен ауыстыру, қосымша белгілер орнату.* **Шекараны межелеу.** әск. *Шекараны демаркациялау, жергілікті жердегі мемлекеттер тепе-теңдік негізде құратын бірлескен комиссиялардың шекараны анықтау туралы халықаралық-құқықтық құжаттардың (шарттар, карталар, шекараның сипаттамалары) негізінде жергілікті жерлерде олардың арнаулы шекаралық белгілерін таңбалай отырып, мемлекеттік шекара шебін анықтау.*

**ШЕКАРАЛАС** сын. **1.** *Шекаралары шектес, қанаттас.* **2.** *Іргелес, қоныстас.* **3.** ауыс. *Қатарлас.*

**ШЕКАРАЛЫҚ** сын. *Шекарамен байланысты, шекараға қатысты.*

**Шекаралық баға.** экон. *Елдің шекарасында немесе келген портта сатуға түскен тауардың бағасы, яғни экспорт үшін ФОБ баға және импорт үшін СИФ баға.* **Шекаралық демилитаризация.** әск. *Халықаралық келісімшарттар негізінде шекараға жанасып жатқан жер аумағынан қарулы күштерді шығару және осы аймақтағы әскери бекіністер мен құрылыстарды жою.* **Шекаралық қабат.** хим. *Тұтқыр сұйықтық (газ) ішінде қозғалған қатты дене бетінде немесе температурасы, химиялық құрамы және жылдамдығы әртүрлі екі сұйықтықтың шекарасында пайда болатын өте жұқа сұйықтық (газ).* **Шекаралық өзендер.** әск. *Мемлекеттік шекарадан өтетін өзендер.* **Шекаралық тәртіп.** әск. *Шекаралық аймақ пен шекаралық өңірде азаматтардың келу, уақытша болу, тұру, жүріп-тұру тәртібін, жұмыстар жүргізу, кеме тұрақтарында, айлақтарда, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер мен мұз арқылы жүруге арналған құралдар аялдайтын орынжайларда есеп жүргізу және ұстау, ішкі суларында жүзу және қозғалу тәртібі.*

**ШЕКАРАШЫ** зат. *Шекара күзетінде әскери қызмет атқаратын адам.*

**ШЕКАРАШЫЛЫҚ** зат. *Шекарашыға тән міндет, қызмет.*

**ШЕКЕ** зат. **1.** *Құлақ пен маңдай аралығындағы бас сүйектің бір бөлігі.* **2.** *Белгілі бір заттың үстіңгі бір жақ бұрышы.* **3.** этн. *Ауыл ақсақалдарына, сыйлы қонақтарға берілетін, наурыз мерекесінде асылатын тамақ.*

**Шекеге шертілу.** *Ескерту алу, бет қайту.* **Шекеден шықты.** *Бұл жерде аса суық су туралы айтылып тұр.* **Шекесі зіркілдеді.** *Басы ауырды.* **Шекесі қызбады.** *Көңілі толмады, мәз таппады.* **Шекесі қызды.** а) *Бірдеңеге қол жетті, жетісті.* ә) *Егесуге, ерегесуге дайын тұрды.* **Шекесінен қарады.** а) *Қақшиды, жатырқады.* ә) *Кекиді, кекжиді, паңсынды.* **Шекесінен отырды.** *Тізесін жерге тигізіп отырды.* **Шекесінен тыңдады.** *Жүре тыңдады, құлақ аспады.* **Шекесінен шертіп жүріп таңдады.** *Ең жақсысын қалады.* **Шекесіне тиді.** *Тауы шағылып, беті қайтты.* **Шекесіне шық етті.** *Салқындық басына (шекесіне) дейін өтіп кеткендей болды, басы (шекесі) ауырды, тыз етті.* **Шекесін қыздырды.** *Жарылқады, мандытты.* **Шекесін тесті.** *Зығырданын қайнатты, ашуына тиді.* **Шекесін шылқытты.** *Әл-ауқатын арттырды; мерейін өсірді.* **Шекесі шылқ етті.** *Жетісті, қарқ болды.* **Шекесі шылқылдады.** *Жарыды, жетісті, молшылыққа кенелді.* **Шеке тамыры солқылдады.** *Басы зеңіп ауырды.*

**ШЕКЕЙІН** шыл. жерг. ***Шейін.***

**ШЕКЕЛДІК** зат. этн. жерг. *Жүгеннің кекілдігі, кекіл бастырғышы.*

**ШЕКЕЛЕ=** ет. **1.** *Шекесінен ұрғылау; шекесінен соққылау.* **2.** ауыс. *Жоғарыдан қарау, менсінбеу.*

**ШЕКЕЛЕС=** ет. *Ерегісу, кикілжіңдесу.*

**ШЕКЕЛЕСУ** *Шекелес етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКЕЛЕТ=** ет. *Шекесіне кию.*

**ШЕКЕЛЕТУ** *Шекелет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКЕЛЕУ** *Шекеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКЕЛІ** сын. *Шекесі үлкен, шекесі шығыңқы.*

**ШЕКЕЛІК**[1] зат. *Шеке бітімі, шеке құрылысы.*

**ШЕКЕЛІК**[2] зат. *Баскиімнің шеке тұсы.*

**ШЕКЕЛЬ** зат. қаржы. *100 агоротқа тең, 1980 ж. Израиль фунтының орнына енгізілген Израильдің ақша өлшемі.*

**ШЕКЕМ**[1] шыл. сөйл. *Дейін, шейін.*

**ШЕКЕМ**[2]**: шекем болу.** жерг. *Сақтану, сақ болу.*

**ШЕКЕМҚОРАЗДАН=** ет. жерг. *Шекірею, мардымсу.*

**ШЕКЕМТАС** зат. этн. *Бес таспен ойнайтын ойын, қақпатас.*

**ШЕКЕН** зат. өс. жерг. ***Қылша.***

**ШЕКЕР** зат. **1.** *Майда қант, үкпе қант; құмшекер.* **2.** ауыс. *Тәтті, дәмді нәрсе.*

**Шекермен тең [барабар].** *Шекердей, көңілден шығатын.* **Шекер татыды.** *Көңілден шықты, ұнады.*

**ШЕКЕРДЕЙ** сын. *Шекер сияқты, шекер тәрізді тәтті.*

**ШЕКЕРҚАЙШЫ** зат. этн. *Қант қысқыш, қант шағатын құрал.*

**ШЕКЕРПАРА** зат. кәс. *Көк түсті, піскені сырттай белгісіз, көлемі кіші, торларының арасы кең, сыртына шырыны шығып тұратын қауынның бір түрі.*

**ШЕКЕТУ** зат. этн. қолөнер. *Белбеуге, жүген-құйысқанға, ер-тұрман, ат-әбзелге салатын зергерлік әшекей.*

**ШЕКЕТУЛІ** сын. этн. қолөнер. *Белбеу, ер-тұрман, жүген-құйысқан сияқты нәрселерге зергерлік әшекей салынған, әшекейленген.*

**ШЕКИ=** ет. *Керденеңдеу, паңсыну.*

**ШЕКИЮ** *Шеки етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕККІ**[1] зат. жерг. ***Таразы.***

**ШЕККІ**[2] сын. *Теріс, жөнсіз.*

**Шеккі емес.** *Қате болмас, дұрыс; жаман емес, сөлекеттігі жоқ.* **Шеккі көрмеді [көрген жоқ].** *Теріс таппады, тәуір деп есептеді.*

**ШЕККІЗ=** ет. *Шектіру, бастан өткеру.*

**ШЕККІЗУ** *Шеккіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕККІЛІ** сын. жерг. *Салмақты, таразы тартатын.*

**ШЕККІШ** зат. жерг. *Таразышы, безбенші, таразы тартушы.*

**ШЕККІШ**: **темекі шеккіш.** *Шылымқұмар, темекі тартқыш.*

**ШЕКЛТОН** зат. спорт. *Антарктиданы зерттеген ағылшын ғалымының құрметіне аталған тауға шыққанда киетін аяқкиім.*

**ШЕКПЕЛЕН=** ет. *Қашалып шекілу.*

**ШЕКПЕН** зат. **1.** этн. *Түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырткиім.* **2.** ауыс. *Атақ-дәреже, мансап.*

**ШЕКПЕНДІ** сын. *Шекпен киген, үстінде шекпені бар.*

**ШЕКПЕНШЕ** зат. этн. *Кішірек тігілген шекпен.*

**ШЕКПЕНШЕҢ** сын. *Шекпен ғана киген, шекпенмен жүрген.*

**ШЕКСІЗ** сын. **1.** *Ұшы-қиыры жоқ, кең-байтақ.* **2.** ауыс. *Өте көп, мол.* **3.** ауыс. *Өлшеусіз, қалтқысыз.*

**Шексіз аз шама.** матем. *Шегі нөлге ұмтылатын айнымалы шама.* **Шексіз билік.** қоғ. саяси. *Шектеусіз, барлық билік.* **Шексіз үлкен шама.** матем. *Абсолют шамасы белгілі бір мәннен бастап алдын ала берілген кез келген үлкен оң саннан артық болатын айнымалы шама.*

**ШЕКСІЗДІК** зат. **1.** *Ұшы-қиыры жоқтық, біріне-бірі ұласып кете беретіндік.* **2.** матем. *Математиканың әртүрлі салаларында кездесетін түсінік, негізінде «шектілік» ұғымына қарама-қарсы ұғым.*

**ШЕКТЕ=** ет. **1.** *Тежеу, ауыздықтау.* **2.** жерг. *Қысқарту, азайту.* **3.** *Шек қою.*

**Шектейтін жақтау.** инф. *Мәтінде немесе графикада пайдаланылатын төртбұрышты кеңістік.*

**ШЕКТЕЙІН** шыл. жерг. *Дейін, шейін.*

**ШЕКТЕЛ=** ет. **1.** *Қысқартылу, тежелу.* **2.** *Шек қойылу, жол берілмеу.*

**ШЕКТЕЛУ** *Шектел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тежелу, қысқартылу, аспау.* **2.** *Шек қойылу, жол берілмеу.*

**ШЕКТЕЛУШІЛІК** зат. *Шектеліп қалушылық.*

**ШЕКТЕЛІМ** зат. экон. *Адамның қандай да болса құқықтарына қойылатын шектеулі шарт; ценз.*

**ШЕКТЕМЕ** зат. жерг. *Талдан тоқып жасалған мал қора.*

**ШЕКТЕН=** ет. *Тежелу, бойын аулақ ұстау.*

**ШЕКТЕНУ** *Шектен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКТЕС** сын. *Іргелес, шекаралас, көршілес.*

**ШЕКТЕС=** ет. **1.** *Шегі бір жерден келу, шекараласу.* **2.** *Қатарласу, қатар болу.*

**ШЕКТЕСТІК** зат. *Көршілестік, іргелестік.*

**ШЕКТЕСУ** *Шектес етістігінің қимыл атауы; жанжалдасу, шатақтасу, ұрысып-керісу.*

**ШЕКТЕУ**[1] зат. **1.** *Шек, шекара, меже.* **2.** инф. <ағыл. constraint, restriction> *Компьютердің жұмыс істеу жылдамдығын шектейтін құрылғы немесе бағдарлама.*

**Шектеу сызықтары.** әск. *Ұрыс міндетін қою кезінде аға командир анықтайтын жергілікті жердегі шартты сызықтар.*

**ШЕКТЕУ**[2] *Шекте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ауыздықтау, тежеу.* **2.** *Шек қою, жол бермеу.*

**Шектеуші саты.** хим. *Процесс жылдамдығын түтас анықтайтын саты.*

**ШЕКТЕУЖИЕКТІК** сын. кен. *Мұнай жатынының шектеулері маңындағы белдемдерге орналасқан.*

**Шектеужиектік сумен тотығу.** кен. *Тотығу ұңғымалары мұнай жатынының шектеулері маңындағы белдемдерге орналастырылуымен сипатталатын сумен тотығу әдістерінің жеке тәсілі.*

**ШЕКТЕУЛІ** сын. *Тежеулі, өлшеулі.*

**Шектеулі айырымды есептеу.** матем. *Функцияның аргументі үздіксіз өзгереді деп үйғарылатын дифференциалдық есептеу мен интегралдық есептеуден өзгеше – аргументі дискретті болып өзгеретін функцияларды зерттейтін математика саласы.* **Шектеулі акциялар.** экон. *Жай дивидендтер әкелетін, бірақ дауыс құқығын толық бермейтін немесе оны мүлдем бермейтін акциялар.* **Шектеулі жауапкершілік.** экон. *Іске капитал салған меншік иесіне кәсіпорын (фирма) пассивтері үшін тек өзі салған капитал мөлшерінде ғана жауапкершілік жүктелетін заңды ереже.* **Шектеулі өсу стратегиясы.** экон. *Инфляцияны ескере отырып, бұрынғы мақсат деңгейінде бекітілген стратегиялық балама.* **Шектеулі шығындар.** экон. *Өнімнің қосымша өлшемін өндіру кезінде жұмсалатын қосымша шығындар.*

**ШЕКТЕУСЫРТТЫҚ** сын. кен. *Өнімді қойнауқат жатын шекарасынан сырт орналасқан.*

**Шектеусырттық алқап.** кен. *Өнімді қойнауқат түгелімен қойнауқаттық сумен қаныққан, жатын шекарасынан сырт орналасқан белдем.* **Шектеусырттық белдем**. кен. *Шектеусырттық алқап.* **Шектеусырттық ұңғыма**. кен. *Барланған мұнай және газ жатыны шектеуінің сырт өңірі аумағынан өнімді қойнауқатты тесіп өткен іздеу немесе барлау ұңғымасы.*

**ШЕКТЕУСІЗ** сын. *Шексіз, шегі жоқ, шектелмеген.*

**Шектеусіз ондық бөлшек.** матем. *Әрқашан келесі таңбасы болғанымен, ең соңғы таңбасы көрсетілмейтін ондық бөлшек түрінде жазылған сан.*

**ШЕКТЕУІШ** зат. инф. <ағыл. delimiter> **1.** *Литерлік жолдың не басқа лексеманың басы немесе соңын индекстейтін лексема.* **2.** *Кейбір*

*мәліметтер тізбегі соңының нышаны рөлінде шығатын мәліметтер элементі.*

**ШЕКТЕУІШТІК: шектеуіштік сумен тотығу.** кен. *Мұнай жатынына су айдай отырып, мұнайлы қабаттың қойнауқаттық қысымы мөлшерін қалыпты жағдайда ұстап тұру тәсілі.*

**ШЕКТІ**[1] сын. *Шегі бар, шекарасы айқын.*

**Шекті аралық.** инф. <ағыл. critical region> *Басқа процестер тарапынан үзілмей орындалуға тиіс бағдарлама бөлігі.* **Шекті диаметр.** инф. *Жарылғыш зат оқтамының тұрақты дүмпуін қамтамасыз ететін оның ең кіші диаметрі.* **Шекті концентрация.** хим. *Ерітіндідегі ерітілген заттардың максималь концентрациясы.* **Шекті өзіндік құн.** экон. *Өнімнің бір өлшеміне шаққанда өндіріс көлемін ұлғайту немесе азайту кезінде жұмсалатын толық шығынның көбейген не азайған түрі.* **Шекті пайдалылық.** экон. *Тұтынушы тауардың немесе қызметтің бір қосымша өлшемінен алатын қосымша пайдалылық.* **Шекті рауалы өнім.** экол. *Популяциядан (немесе экожүйеден) экологиялық тепе-теңдікке нұқсан келтірмей алуға болатын биологиялық өнімнің шекті рауалы мөлшер-шамасы.* **Шекті рауалы төгінді.** су. *Бақылау пунктіндегі судың сапасын қамтамасыз ету мақсатында белгілі су объектісі пунктінде, кесімді уақыт ішінде, бекітілген режім бойынша барынша жоғары рауалы жіберілімді ағынды судағы заттек массасы.* **Шекті рауалы түсім.** экол. *Белгілі бір алаңға немесе көлемге кесімді бір уақыт ішінде келіп түсетін, нормативте белгіленген шекті рауалы концентрация мөлшерінен аспайтын ластағыштар ағыны.* **Шекті рауалы шығарынды.** экол. *Жермен астасқан ауа қабатындағы негізден не негіздер тобынан түскен ластағыш заттектің шамасы тұрғындарға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне арналған сапасының нормативінен аспайтындай етіп белгіленген ғылыми-техникалық норматив.* **Шекті салмақ.** әск. *Берілген траектория бойынша белгіленген арақашықтыққа ракетамен жеткізуге болатын ену құралдары мен ыдырату және кездеу құрылғысындағы оқтұмсықтың максимум салмағы.*

**ШЕКТІ-МҮМКІН: шекті-мүмкін концентрация.** хим. а) *Технологиялық, экологиялық, санитарлық т.б. нормалар тұрғысынан алғанда асуға болмайтын қоспадағы кез келген компоненттің концентрациясының шартты мөлшері.* ә) *Күнделікті өте ұзақ уақыттар бойында әсер етсе де ағзаға зиян келтірмейтін, тұқымына кесір келтірмейтін заттың ауадағы, судағы, тағамдық өнімдердегі т.б. максималды концентрациясы.*

**ШЕКТІ**[2] шыл. жерг. *Шейін, дейін.*

**ШЕКТІК** сын. *Шекке қатысты, шекке тән.*

**ШЕКТІЛІК** зат. филос. *Объективті дүниенің бір-бірімен тығыз байланыстағы қарама-қарсы өлшемге сыйымдылық мөлшерін білдіретін материалистік категориялар.*

**ШЕКТІР: сапар шектірді.** *Жолға шығарды, сапарға шығарды.*

**ШЕКУЛІ** сын. *Шекілген, безендірілген, әшекейлі.*

**ШЕКШЕК**[1] зат. зоол. *Ұзын мұрттылар тармағына жататын тұқымдас зиянды жәндіктердің бір түрі.*

**ШЕКШЕК**[2] зат. вет. *Ешкі ауруы.*

**Шекшек ата.** миф. *Ешкі малының иесі, киесі, пірі.*

**ШЕКШИ=** ет. *Шекесінен қарау, одыраю.*

**ШЕКШИЮ** *Шекши етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКУ** *Шекі етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІ** сын. жерг. *Ерсі, сөкет.*

**ШЕКІ**[1]**=** ет. *Аяқтарын сілтеп тастау, тік басу.*

**ШЕКІ**[2]**=** ет. **1.** *Бір нәрсенің шетін аздап кетітіп түсіру, сындыру.* **2.** ауыс. *Қинау, күш көрсету, қорлау.*

**ШЕКІЛ=** ет. зерг. *Бедерлену, ойылу.*

**ШЕКІЛДЕК**[1] зат. тамақ. *Қытырлақ шибауырсақ.*

**ШЕКІЛДЕК**[2] зат. жерг. *Күнбағыстың дәні, шемішке.*

**ШЕКІЛДЕК** зат. өс. жерг. *Күнбағар.*

**ШЕКІЛДЕУІК** зат. *Сыртында қабығы бар дәні майлы өсімдік; күнбағыс дәні, күнбағыстың ұрығы.*

**ШЕКІЛУ** *Шекіл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІМ** шыл. жерг. *Дейін, шейін.*

**ШЕКІМЕ** зат. зерг. **1.** *Ою-өрнек салуға арналған, болаттан соғылған шапқы тәрізді балға.* **2.** *Қаңылтыр бетіне түсірілген бедерлі бейне.* **3.** *Кейбір кедір-бұдыры мен жапсар-жымы өңделіп тегістелген көркем құйма бұйымдар мен сомдалған мүсіндемелер ұсақ-түйек бөлшектерін әдемілеп әрлеу тәсілі.* **4.** *Медалдар мен шақалар т.б. бұйымдардың бетіне түсірілген бедер.*

**ШЕКІРЕ** сын. *Әлпештеген, алақанға салып аялаған ерке (адам).*

**ШЕКІРЕЙ=** ет. *Шекесінен қарау, шікірею.*

**ШЕКІРЕЙТ=** ет. *Шекірейту, қисайту.*

**ШЕКІРЕЙТУ** *Шекірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІРЕЛЕН=** ет. *Шекірею, менменсу, дандайсу.*

**ШЕКІРЕЛЕНУ** *Шекірелен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІРЕЮ** *Шекірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІРТАРЫ** зат. өс. сөйл. **Шегіртары** *(тарының азғыны)*

**ШЕКІС=** ет. *Бір-біріне қарсы келу, қақтысу, ұрсысу.*

**ШЕКІСТІР=** ет. *Айтақтау, ерегестіру.*

**ШЕКІСТІРУ** *Шекістір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІСУ** *Шекіс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕКІТ=** ет. *Қаздандату, аяқтарын сілтей бастыру.*

**ШЕКІТУ** *Шекіт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛ**[1] зат. **1.** *Тері мен еттің аралығында біткен жұқа май қабаты.* **2.** *Көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл ет, ноғала.*

**Шел байланды.** *Шел бітті, ақ түсті.*

**ШЕЛ**[2] зат. **1.** *Атыздың төрт жағынан ұзынша етіліп үйілген топырақ.* **2.** *Арықтың құлағы.*

**ШЕЛДЕ=** ет. *Терінің майын, шелін қырып алу.*

**ШЕЛДЕЙ** сын. *Шел сияқты, шел тәрізді.*

**ШЕЛДЕН=** ет. **1.** *Семіру, майлану, тойыну.* **2.** *Көзіне шел пайда болу, ағару.*

**ШЕЛДЕНДІР=** ет. *Семірту, майландыру.*

**ШЕЛДЕНДІРУ** *Шелдендір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛДЕНУ** *Шелден етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛДЕУ** *Шелде етістігінің қимыл атауы.*

**Шелдеу мәшинесі.** тех. *Терінің шелін алу үшін былғары және тері өндірісінде қолданылатын мәшине.*

**ШЕЛДІ** сын. **1.** *Шелі бар, шел біткен, майлы, семіз.* **2.** *Көзіне ақ түскен, шел басқан.*

**ШЕЛЕЙ** зат. сөйл. ***Шел*** *(көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл ет).*

**ШЕЛЕК**[1] зат. *Сұйықтық құюға, сусымалы заттарға арналған, тұтқасы бар үлкен ыдыс.*

**ШЕЛЕК**[2] зат. жерг. *Күпшек, арба дөңгелегінің күпшегі.*

**ШЕЛЕКТЕЙ** сын. *Шелек сияқты, үлкен, делдиген.*

**ШЕЛЕКТЕП** үст. **1.** *Шелек-шелек етіп, шелекке құйып.* **2.** ауыс. *Сорғалап, шұмектеп.* **3.** ауыс. *Мол етіп, көп етіп.*

**ШЕЛЕКШЕ** зат. *Кішірек шелек.*

**ШЕЛИ=** ет. сөйл. *Шению, кергу, керденду.*

**ШЕЛИТ=** ет. *Керденңдету, шәниту.*

**ШЕЛИТУ** *Шелит етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛИЮ** *Шели етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛМАЙ** зат. анат. *Тері мен еттің арасындағы май қабаты.*

**ШЕЛМІШ** сын. экспр. *Жүдеу, арық, әлжуаз (адам туралы).*

**ШЕЛПЕК** зат. **1.** этн. *Қайтыс болған кісінің асына, батаоқырына, құдайысына т.б. наным-сенімге қатысты ырымдарда, қонақасыларда пісірілетін, майға қуырылған дөңгелек жұқа нан.* **2.** *Етке салынатын жұқалап жайылған қамыр, жайманан.*

**ШЕЛПЕКТЕ=** ет. тамақ. *Қамырды жұқалап жаю, жалпақтау.*

**ШЕЛПЕКТЕУ** *Шелпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛПИ=** ет. *Жұқалаң боп көріну, шелтию.*

**ШЕЛПИЮ** *Шелпи етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛТИ=** ет. экспр. *Тәштию, шәнию.*

**ШЕЛТИТ=** ет. **1.** *Шошайту, шелтірейту.* **2.** ауыс. *Шәниту, тәштиту, керденңдету.*

**ШЕЛТИТУ** *Шелтит етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛТИЮ** *Шелти етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛТІК** сын. *Шелтиген, ілмиген.*

**ШЕЛТІРЕЙТ=** ет. *Қоқиту, қоқырайту, шәниту.*

**ШЕЛТІРЕЙТУ** *Шелтірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛІР=** ет. *Шәнию, еліру.*

**ШЕЛІРУ** *Шелір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕЛЬФ** зат. геол. <ағыл. shelf> *Континенттердің мұхит суы түбіндегі аумақты бөлігі.*

**ШЕМАЯ** зат. зоол. *Майбалық.*

**ШЕМДЕУЛІ** сын. *Шектеулі, тежеулі.*

**ШЕМЕКІ** зат. жерг. *Күнбағыс, шемішке.*

**ШЕМЕКІЛЕ=** ет. жерг. *Шемішке шағу, күнбағыс дәнін шағу.*

**ШЕМЕН**[1] зат. **1.** мед. *Қол-аяғы жіңішкеріп, іш қуысына сары жалқаяқ толып кететін ауру.* **2.** мед. *Қан мен лимфа сұйығының қалыптан тыс көп бөлініп, ағза тініне қайта сіңіуінің нашарлауынан тері асты май қабаттарына, тіндерге, буынға, ағзаларға жиналатын сұйық (транссудат)* . **3.** ауыс. *Көңілге түскен дық, қайғы-қасірет, уайым-шер.*

**Шемен боп байланды [қатты].** *Тастай болып жабысты, түйілді.*

**ШЕМЕН**[2]**: шемен жігіт.** *Қысқа, тапал, шымыр жігіт.*

**ШЕМЕНДЕ=** ет. **1.** *Қатып қалу, қатпарлану.* **2.** *Түйін болып байлану, жинақталу, қордалану.*

**ШЕМЕНДЕЙ** сын. *Тас түйін болып қатып қалған, жібімейтін.*

**ШЕМЕНДЕН=** ет. *Қатаю, беріштену.*

**ШЕМЕНДЕНУ** *Шеменден етістігінің қимыл атауы; беріштену, қату.*

**ШЕМЕНДЕУ** *Шеменде етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕМЕНДІ** сын. *Қайғылы, мұңды, шерлі.*

**ШЕМЕНТАС** зат. геол. <лат. lapillus> *Әдетте бұршақ дәнінен жаңғақ дәніне дейінгі аралықтағы мөлшерлерде, домалақ пішінді немесе ұшқір тастар түрінде ұшырасатын жанартау атындылары.*

**ШЕМЕНТАСТЫ** сын. геол. *Шементасы бар, шементас араласқан.*

**ШЕМЕУ** сын. *Шешеу, кежір.*

**ШЕМШІРЛІК** зат. этн. жерг. *Қолдан өрілген ноқта.*

**ШЕМІРШЕК** зат. анат. <ағыл. cartilago> *Сүйек пен сүйек түйіскен жерді, буын мен буынды байланыстырып тұратын иілгіш жұмсақ зат. // Жұқалаң, қатқыл. // Жұмсақ, әлсіз.*

**Шеміршек ұлпа.** анат. <лат. textus cartilagineus> *Қаңқалық дәнекер ұлпасы.*

**ШЕМІРШЕКҚАП** зат. биол. <грек. perichondium> *Шеміршек ұлпаларының сыртқы дәнекерұлпалы қабығы.*

**ШЕМІРШЕКТЕ=** ет. *Аузы-мұрнынан шығып толу, тою.*

**ШЕМІРШЕКТЕЙ** сын. **1.** *Шеміршек сияқты, қапталған, қата бастаған.* **2.** ауыс. *Қордалану, жинақталу.*

**ШЕМІРШЕКТЕН=** ет. *Шеміршек болып қатая бастау.*

**ШЕМІРШЕКТЕНУ** *Шеміршектен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕМІРШЕКТЕТ=** ет. *Лық толтыру, ұстемелету, іліпілдету.*

**ШЕМІРШЕКТЕТУ** *Шеміршектет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕМІРШЕКТЕУ** *Шеміршекте етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕМІРШЕКТІ** сын. биол. *Шеміршек қалың біткен, шеміршектен тұратын.*

**Шеміршекті балықтар.** зоол. <лат. chondrischthyes> *Денелерінің ұзындығы 6 см-ден 20 м-ге дейін жететін, денесі плакоидті қабыршақпен қапталған, омыртқалы жануарлардың класы; балықтардың ертеден тіршілік етіп келе жатқан қарапайым тобы.*

**ШЕМІШКЕ** зат. сөйл. *Қабығын аршып, шағып жеуге болатын күнбағыстың қуырылған дәні.*

**ШЕН**[1] зат. **1.** *Арбаның дөңгелегінің сыртын қоршап тұратын, иіліп келетін темір, шеңбері.* **2.** ауыс. *Бір заттың төңірегі, маңы, айналасы.* **3.** *Белгілі бір уақыт, мөлшерлі кез.*

**Шеннен асқан.** *Есебі жоқ, көп, мол.* **Шеніне жуытпады.** *Маңына жолатпады, маңайлатпады, өзінен аулақ ұстады.* **Шеніне келмеді [жоламады].** *Қасына жуымады, жақындамады.* **Шенінен жан жүрмеді.** *Қасына ешкім жоламады, маңайламады.* **Шенінен жүргізбеді.** *Маңайлатпады, жуытпады.*

**ШЕН**[2] зат. **1.** *Әскери қызмет дәрежесі, атақ, мансап.* **2.** *Атақ-дәреже, марапат.*

**Шен алды.** *Атаққа, билік-мансапқа ие болды.* **Шен тақты.** *Дәреже, билікке ие болды.* **Шен тимеске шен тиді.** *Кім болса сол билік етті.*

**ШЕНДЕ**[1]**=** ет. **1.** *Көбею, молаю, қаптап шығу.* **2.** *Өсімдіктің түбінен тармақталып шығуы, өсімдік сабақтарының көбеюі.*

**ШЕНДЕ**[2]**=** ет. **1.** *Ілесу, маңайласу, жету.* **2.** ауыс. *Шеніне бару, тең келу, теңдесу.*

**ШЕНДЕН=** ет. *Дандайсу, кісімсу, бөлсіну, өзінше болу.*

**ШЕНДЕС** сын. **1.** *Шамалас; шектес, іргелес.* **2.** *Дәрежелес, қатарлас.*

**ШЕНДЕС=** ет. **1.** *Қатарласу, жақындасу, маңайласу.* **2.** ауыс. *Пар келу, теңдесу, қатарласу.*

**ШЕНДЕСТІР=** ет. *Салыстыру, салғастыру, теңестіру.*

**ШЕНДЕСТІРУ**[1] зат. әдеб. *Қарама-қарсы алшақ екі ұғымды, екі затты, көріністі бетпе-бет қойып суреттеу тәсілі.*

**ШЕНДЕСТІРУ**[2] *Шендестір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНДЕСТІРІЛ=** ет. *Қатар қойылу, салыстырылу.*

**ШЕНДЕСТІРІЛУ** *Шендестіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНДЕСУ** *Шендес етістігінің қимыл атауы; қатар қою, салыстыру.*

**ШЕНДЕТ=** ет. *Жолату, жақындату.*

**ШЕНДЕТУ** *Шендет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНДЕУ** *Шенде етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНДІ** сын. **1.** *Шен алған, шені, дәрежесі бар.* **2.** *Шенін білдіретін, атақ-дәрежесін, деңгейін көрсететін.*

**Шенді шекпен.** *Атақ-лауазым, дәреже.* **Шенді шекпен жапты.** *Атаққа, билік-мансапқа ие болды.*

**ШЕНЕ=** ет. *Біреуді-біреу сынап-мінеу, мысқылдау, сықақ ету, әжуалау.*

**ШЕНЕГІШ** сын. *Сынап-мінеп, сын айтқыш.*

**ШЕНЕЙ** зат. *Маңай, төңірек, айнала.*

**ШЕНЕЛ=** ет. *Сыналу, мінелу, сынға алыну.*

**ШЕНЕЛУ** *Шенел етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНЕС=** ет. **1.** *Шаншыласу, қадасу.* **2.** ауыс. *Ерегісу, қарсы келу.*

**ШЕНЕСУ** *Шенес етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕНЕУ**[1] зат. *Ащы мысқыл, кекесін, сықақ, келеке.*

**ШЕНЕУ**[2] *Шене етістігінің қимыл атауы; әжуалау, мысқылдау.*

**ШЕНЕУНІК** [ор. чиновник] зат. *Мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін қызметкерлер.*

**ШЕНИ=** ет. жерг. *Шәнию, шікірею, шекірею.*

**ШЕНҚҰМАР** сын. *Атақ-дәрежеге үйір, мансапқор.*

**ШЕНҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Атаққұмарлық, мансапқорлық.*

**ШЕННОН** [ағыл. shannon] зат. инф. *Ақпарат мөлшерінің өлшем бірлігі.*

**ШЕНСІРЕ=** ет. *Шенді керек ету.*

**ШЕН-ШЕКПЕН** зат. *Атақ-дәреже, мансап.*

**Шен-шекпенге сатылды.** *Атақ-дәрежені, мансапты жоғары санап, тек сол үшін қызмет етті.*

**ШЕН-ШЕКПЕНДІ** сын. *Шен-шекпені бар, атақ-дәрежесі үлкен.*

**ШЕНШІЛ** сын. сөйл. ***Шенқұмар.***

**ШЕНІК** зат. жерг. ***Мырза.***

**ШЕҢБЕКТЕ=** ет. *Мығымдау, қыса ұстау.*

**ШЕҢБЕР**[1] зат. **1.** *Бір заттың сыртына қапталған темір құрсау.* **2.** *Дөңгелек қоршау.* **3.** геом. *Барлық нүктесі берілген нүктеден (шеңбер центрінен) бірдей қашықтықта жататын тұйық сызық.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің аумағы, ауқымы.*

**ШЕҢБЕР**[2] зат. жерг. *Шоқайдың сыртынан қарға батпау үшін киетін аяқкиім.*

**ШЕҢБЕР**[3]**: шеңбер атты.** сөйл. *Шеңбірек атты, қатты тойды.*

**ШЕҢБЕРДЕЙ** сын. *Шеңбер сияқты, шеңбер тәрізді.*

**ШЕҢБЕРЛЕ=** ет. *Шеңбер сияқты етіп дөңгелетіп ию.*

**ШЕҢБЕРЛЕН=** ет. *Шеңбер сияқты етіп дөңгелену.*

**ШЕҢБЕРЛЕНУ** *Шеңберлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕҢБЕРЛЕТ=** ет. *Дөңгелектету, шеңбер түрінде шығару.*

**ШЕҢБЕРЛЕТУ** *Шеңберлет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕҢБЕРЛІ** сын. *Шеңбер салынған, шеңберленген.*

**Шеңберлі тіреуіш.** кен. *Орташа және ұсақ ұсату сатысында қолданылатын ішкі беті бұрандалы конусты ұстатқыштардың бөлшегі.*

**ШЕҢБІРЕК**: **шеңбірек атты.** *Аузы-мұрнынан шықты, қарны қампайды, лықылдап толды.*

**ШЕҢГЕК** зат. этн. *Ет жаю үшін ағаштан я темірден жасалған сөре.*

**ШЕҢГЕЛ**[1] зат. **1.** *Бұта.* **2.** бот. <лат. halimodendron> *Бұршақ тұқымдасына жататын тікенекті бұта.*

**ШЕҢГЕЛ**[2] зат. **1.** саят. *Саят құсының аяғындағы төрт саусағының сыртқы жағындағы шынашағының атауы.* **2.** *Саусақтардың тарбиып кең ашылған аясы, уыс.* **3.** ауыс. *Қоршау, қамау.*

**Шеңгел салды.** *Зорлықпен қол салды, ауыз салды.* **Шеңгелін батырды.** *Зорлық-зомбылық көрсетті, қинады.* **Шеңгеліне түсті.** *Қолына түсті, ұсталды.* **Шеңгеліне ілінді [ілікті].** *Қармағына түсті.* **Шеңгелі толмады.** *Олқы көрді, қорашсынды.*

**ШЕҢГЕЛДЕ=** ет. *Шеңгелмен сығымдап ұстау, бүру, уыстау.*

**ШЕҢГЕЛДЕН**[1]**=** ет. *Тікенектену, тарамыстану.*

**ШЕҢГЕЛДЕН**[2]**=** ет. *Бүрілу, шеңгел тәрізденy.*

**ШЕҢГЕЛДЕНУ** *Шеңгелден етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕҢГЕЛДЕС=** ет. *Шеңгелдерімен ілу, жабысу.*

**ШЕҢГЕЛДЕСТІРУ** зат. саят. *Қолға үйренген бүркітпен түз құсын ұстаудың бір тәсілі.*

**ШЕҢГЕЛДЕУ** *Шеңгелде етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕҢГЕЛДІ**[1] сын. *Шеңгел көп өскен, шеңгелі көп.*

**ШЕҢГЕЛДІ**[2] сын. саят. *Шеңгелі үлкен, жалпақ.*

**ШЕП** зат. **1.** әск. *Соғыс майданында қарсыласты өткізбеу үшін жасалған бөгет, кедергі, қорғаныс, қамал.* **2.** *Талдан я қамыстан жасалған мал қора.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің ауқымы, көлемі.* **4.** ауыс. *Кеңістік, орын, мекен.*

**Шеп бұзды.** *Жаудың бекінісін талқандап, жарып өтті.* **Шеп құрды.** а) әск. *Қарсыласты өткізбеу үшін бөгет жасады.* ә) *Қарсы шықты, қалың қол жиып, сап түзеді.* **Шеп тартты [салды].** *Қарсы сап түзеді.* **Шепті бұзып өту.** әск. *Соғыс тактикасындағы жаудың алдын ала даярланған қорғанысын бұзып, оның негізгі тобын майданның сол бөлігінде қирату және шабуылды одан әрі жалғастыру.*

**ШЕПЕК** зат. *Сұйық зат құйып бір жерден екінші жерге тасу үшін пайдаланылатын тұтқасы бар үлкен ыдыс.*

**ШЕПТЕ=** ет. *Дөңгелекті құрсаулау, дөңгелекке құрсау салу.*

**ШЕПТЕЙ** сын. *Шеп сияқты, шеп тәрізді.*

**ШЕПТЕС** сын. *Бір шепте болатын, шебі жақын адамдар.*

**ШЕП-ШЕБЕР** сын. сөйл. *Өте шебер, пысық.*

**ШЕП-ШЕП** од. *Тауықты шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

**ШЕПШЕР** зат. жерг. **1.** *Үйге киетін өкшесіз аяқкиім.* **2.** *Көннен жасалған кебіс тәрізді аяқкиім.* **3.** *Илеусіз түзға піскен тері, көннен жасалған аяқкиімнің сыртынан киетін қорғаныш.*

**ШЕПІК**[1] зат. жерг. *Табаны ғана бар, аяққа тікен кірмес үшін жасалған аяқкиім.*

**ШЕПІК**[2] зат. жерг. *Арша тақтай, желімдеп жасалған жұқа тақтай.*

**ШЕПІК**[3] сын. жерг. *Әлсіз, нәзік, ілбиген.*

**ШЕПІК**[4] сын. жерг. ***Кірпияз.***

**ШЕР**[1] зат. *Қайғы-қасірет, мұң-зар, уайым.*

**Шер ақтарды.** *Мұң-шерін, уайымын айтты.* **Шер артты.** *Уайым-қайғысы көбейді, уайымға салынды.* **Шер байланды.** *Көкірегі шерге толды, қайғы-мұңға салынды.* **Шер басты.** *Уайымға түсті, торықты.* **Шер болды.** *Қайғы-қасіретке батты, қайғыланды.* **Шерге батты.** *Қайғырды, шерленді, уайымдады.* **Шерге толды [қамауланды].** *Уайым басты, қайғырды.* **Шер жұтты.** *Қайғырды, мұңайды, қайғы-мұң басты, көкірегін шер басты.* **Шер құмардан шықты.** *Еркін сөйлесіп, көңіліндегісін айтты.* **Шер құшты.** *Шерге салынды, уайым-қайғы басты.* **Шер тарқады.** *Қайғы-мұң сейілді, уайым-қайғыдан арылды.* **Шер тарқатысты.** *Мұңдасу, қайғы-мұңын бөлісу.* **Шері айықпады [қайтпады].** *Шер басты, шерлі болды, қайғы-мұң басты.* **Шері қайнады.** *Азапқа түсті, қиналды.* **Шерін төкті [баяндады].** *Мұңын шақты, сырын ақтарды.* **Шерін шығарды [тарқатты, шертті].** *Көңілдегі, қайғы-қасіретін айтып, біреумен сұхбаттасты, қайғысын шығарды, мұңын шақты.*

**ШЕР**[2] зат. көне. ***Жолбарыс.*** // *Ержүрек, қайратты, жүректі, батыл.*

**ШЕРБЕК**[1] зат. жерг. *Жуан ағаш кесетін екі тұтқалы үлкен ара.*

**ШЕРБЕК**[2] зат. *Себет, шыбықтан тоқылған үлкен қорап.*

**ШЕРБЕТ** зат. сөйл. тамақ. ***Шәрбат.*** **1.** *Жеміс-жидек шырынынан жасалған табиғи салқындатқыш сусын.* **2.** *Жаңғақ қосылған қант, шоколад, жеміс немесе кофе қосып дайындалатын қою массаның атауы.*

**ШЕРДЕЙ** сын. *Шер сияқты, шер тәрізді.*

**ШЕРЕ** зат. жерг. **1.** *Желімдеп жасалған жұқа тақтай.* **2.** *Жәшік.*

**ШЕРЕБЕ** зат. тамақ. *Тұздық, тұзы ащы тағам.*

**ШЕРЕК** сан. сөйл. ***Ширек.***

**ШЕРКЕЗ** зат. өс. *Құмды, сортаңды, шөлді далаларда өсетін, қабығы ақшыл сұр түсті, сабағы бұтақты, жапырақтары жіңішке, кезектесіп орналасқан, гүлі майда, биіктігі 1-1,5 м-дей бұта, ілік өсімдік.*

**ШЕРКЕС** зат. этнон. *Халық аты, черкес.*

**ШЕРКӨЗ** зат. өс. сөйл. ***Шеркез.***

**ШЕРКӨКІРЕК** сын. *Қайғылы, қасіретті, мұңды.*

**ШЕР-КҮЙІК** зат. *Шер, қайғы, күйік, уайым.*

**ШЕРҚҰРТ** зат. вет. *Қой ауруының бір түрі.*

**ШЕРЛЕ=** ет. *Қайғыру, қамығу.*

**ШЕРЛЕН=** ет. *Шер басу, шерге толу.*

**ШЕРЛЕНДІР=** ет. *Шерлі ету, қайғы-мұңға батыру, қайғырту.*

**ШЕРЛЕНДІРУ** *Шерлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРЛЕНУ** *Шерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРЛЕС**[1] сын. *Қайғы-қасіреті ортақ, мұңдас.*

**ШЕРЛЕС**[2]**=** ет. *Шер тарқатысу, сырласу.*

**ШЕРЛЕСУ** *Шерлес етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРЛЕУ** *Шерле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРЛІ**[1] сын. **1.** *Уайымы мол, мұңды.* **2.** *Қайғы басқан, қасіретті. // Мұң басқан, шерге толы адам.*

**ШЕРЛІК** зат. *Ерлік, қайраттылық.*

**ШЕРМЕНГҮЛ** зат. өс. <лат. gentiana> ***Көкгүл*** *(тырбық өсетін гүлді өсімдік).*

**ШЕРМЕНДЕ**[1] зат. **1.** *Қайғы, мұң, шер.* **2.** ауыс. *Қайғы, мұң басқан, шерлі адам.*

**Шерменде болды.** а) *Қайғы басты, уайымға батты.* ә) *Әуре-сарсаңға түсті.* **Шерменде қылды.** *Қайғы-уайымға түсірді, қайғырды.*

**ШЕРМЕНДЕ**[2] од. а) *Кісіге жаны ашығанды, «бейшара» дегенді білдіретін сөз.* ә) *Кісіні ұнатпағандықты, жақтырмаушылықты білдіретін кейіс сөз.*

**ШЕРМЕНДЕЛІК** зат. *Шарасыздық, пенде болушылық, бейшаралық.*

**ШЕРМЕҢ** елік. *Қампиған, шермиген, қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**ШЕРМЕҢДЕ=** ет. *Қарны қампиып қайқаңдап басу.*

**ШЕРМЕҢДЕТ=** ет. *Қарнын қампиту, қайқаңдау.*

**ШЕРМЕҢДЕТУ** *Шермеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРМЕҢДЕУ** *Шермеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРМИ=** ет. *Қарны қампиып шығып тұру.*

**ШЕРМИТ=** ет. **1.** *Қарнын қампиту.* **2.** *Сықау, лық толтыру.*

**ШЕРМИТУ** *Шермит етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРМИЮ** *Шерми етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕР-МҰЗ** зат. *Көңілге тоң болып қатқан қайғы-шер.*

**ШЕР-МҰҢ** зат. *Мұң-зар, қайғы-шер.*

**ШЕРМІК** сын. *Қампиған, шертиген, торсиған.*

**ШЕРМІН** сын. *Жауыз, арамза.*

**ШЕРМІШ** сын. **1.** *Қарны қампиып, жүре алмай қалған, ауру, мешел.* **2.** ауыс. *Пасық, бақас, ұры-қар.*

**ШЕРМІШТІК** зат. *Қулық, сұмдық, арамдық.*

**ШЕРПАЛАР** [ағыл. sherpa] зат. антроп. *Антрополиялық жағынан үлкен моңғол нәсілінің Тынық мұхиттық нәсіліне жататын Шығыс Непалда, Үндістанда тұратын халық.*

**ШЕРТ=** ет. **1.** *Саусақпен тырс еткізіп ұрып қалу.* **2.** *Домбыра сияқты шекті аспапты тартып ойнау.* **3.** ауыс. *Бір нәрсе жайында жұртты қызықтырып айтып беру, әңгімелеу, баяндау.* **4.** ауыс. *Бетінен қағу, қарсы келу, тыйым салу.*

**Шертер күй, шығар мұң.** *Айтар арыз, көңілдегі сыр.*

**ШЕРТЕК** зат. жерг. **1.** *Үйдің кіреберісіне көлеңке түсу үшін жалғастырып салған, тек төбесі ғана жабық құрылыс.* **2.** *Үсті жабылған жан-жағы ашық, жаз айларында күннің ыстығында отыратын жер.*

**ШЕРТЕР** зат. муз. этн. *Қобызға ұқсас келген екі не үш ішекті қазақ халқының көне ұлттық аспаптарының бірі.*

**ШЕРТИ=** ет. **1.** *Қарны қампиып шығып тұру.* **2.** ауыс. *Ширену, шекірею.*

**ШЕРТИТ=** ет. *Қарнын қампайту, шермиту.*

**ШЕРТИТУ** *Шертит етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРТКІЗ=** ет. *Домбыра тартқызу, шертіп ойнату.*

**ШЕРТКІЗУ** *Шерткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРТКІЛЕ=** ет. *Бір нәрсені үсті-үстіне шерте беру.*

**ШЕРТКІЛЕУ** *Шерткіле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРТКІШ** сын. *Шертуге бейім, шертуге құмар.*

**ШЕРТПЕ: шертпе күй.** муз. этн. *Домбырада шертіп орындалатын күй.*

**ШЕРТПЕК**[1] зат. *Балалардың бір-бірін шертіп ойнайтын ойыны.*

**Шертпек алды.** этн. ойын. *Ойыннан ұтылған адамның маңдайына шертіп «қарыз» қайыратын ойын түрі.*

**ШЕРТПЕК**[2] зат. этн. ойын. *Дәрі-дәрмек, спирт құятын үлкен шыны ыдыс.*

**ШЕРТПЕКІЛ** зат. этн. ойын. *Шертіп ойнайтын ойын аты; шертпек.*

**ШЕРТТІР=** ет. *Домбыра тарттыру.*

**ШЕРТТІРУ** *Шерттір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРТУ** *Шерт етістігінің қимыл атауы.*

**Шертуіне келмейді.** *Күші тең емес.*

**ШЕРТІК** сын. *Қарны қампайған, шертиген.*

**ШЕРТІЛ=** ет. **1.** *Домбырада, қобызда күй, әуен ойналу.* **2.** *Баяндалу, айтылу.*

**ШЕРТІЛУ** *Шертіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Саусақпен тырс еткізіп ұру.* **2.** *Күй ойналу, күй тартылу.*

**ШЕРТІС** зат. *Домбырада күй тартып, өнер көрсету тәсілі.*

**ШЕРТІС=** ет. *Қызықтырып айтып беру, баяндау.*

**ШЕРТІСУ** *Шертіс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРУ** зат. әск. **1.** *Бір елдің қарулы әскері, қалың қол.* **2.** *Топталып бір жаққа аттаныс, қалың жиын.* **3.** <франц. parade> *Арнайы мерекелерге байланысты сап түзеген әртүрлі ұжымдар.* **4.** ауыс. *Ұзын-ырғақ әңгіме желісі.*

**Шеру қол.** көне. *Жорыққа аттанған қалың қол (әскер).* **Шеру тартты**. *Сап құрып, жорыққа аттанды, жолға шықты.*

**ШЕРУЛЕ=** ет. *Бір жаққа бағыт алып, топталып жөңкілу, сап түзеп аттану.*

**ШЕРУЛЕТ=** ет. *Шеру құру, сап түзеу.*

**ШЕРУЛЕТУ** *Шерулет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРУЛЕУ** *Шеруле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕРУЛІ** сын. *Сән-салтанаты жарасқан, шеру тартқан.*

**Шерулі көш.** этн. *Сырнай, қобыз тартылып, ән шырқалып думандатқан көш.* **Шерулі қол.** көне. *Шеру қол.*

**ШЕР-ШЕРМЕН** зат. *Іштегі қайғы-қасірет, мұң-зар.*

**ШЕР-ШЕРМЕНДІ** сын. *Мұңлы-зарлы, қайғылы.*

**ШЕРШЕУ** зат. анат. *Төс сүйектің төменгі жағындағы қалақша шеміршек.*

**ШЕРІ** зат. көне. *Жолбарыс.*

**ШЕРІК**[1] зат. *Жиын.*

**ШЕРІК**[2] зат. көне. *Сарбаз, жауынгер, қарулы әскер.*

**ШЕРІМ** зат. этн. *Қолдан иленген тері, көн.*

**Шерім етік.** этн. *Көн етік.*

**ШЕРІН** зат. *Ортақ, бөліске түскен үлес, сыбаға.*

**ШЕСТЕРНЯ** ор. зат. тех. *Тісті дөңгелек.*

**ШЕТ** зат. **1.** *Заттың бір жақ ұшы, жиегі, бұрышы.* **2.** *Сырт жер, жырақ, оқшау маң.* **3.** *Шек, шекара.* **4.** *Жақ, тұс.* **5.** *Алыс, шалғай жер.* **6.** *Сырттан келген, шетелдік.* **7.** *Дала, далалық жер.*

**Шет болды.** *Жек көрінішті болды, ұнамады.* а) *Бір нәрсенің шеті, жиегі, жағасы.* ә) *Әңгіме, сөз, хабар сияқты нәрселердің шет пұшпағы, аздаған ұшығы.* **Шет жағалап.** *Ептеп-септеп, тиіп-қашып.* **Шет-жағасын айтты.** *Ептеп сездірді, шетпұшпақтап жеткізді.* **Шет-жағасын шығарды.** *Бір ойды ептеп қана сездірді, білдірді.* **Шет жағасы.** *Түгелдей емес, аздаған бөлігі.* **Шет жайлады.** *Басқа жақта, сыртта жүрді.* **Шет жайылды.** *Оқшауланды, оңашаланды.* **Шет жүрді.** *Оқшау жүрді, оңашаланды.* **Шет елдер.** *Сыртқы, өзге елдер.* **Шетке қақты.** *Сыртқа тепті, сырттады, қағажу көрсетті.* **Шетке қашты.** *Жоламады, жақындамады.* **Шетке тепті.** *Шеттетті, сырттатты.* **Шет кетті.** *Алысқа кетті, оқшауланды.* **Шетке шығыңқырады.** *Оқшауланды, шеткерірек шықты.* **Шетке шықты.** а) *Оқшауланды, шеткері шықты.* ә) *Топқа қосылмады, өзінше болды, жырақ болды.* **Шет көрді.** *Жат санады, ұнатпады.* **Шет қалды.** *Топқа қосылмады, өзінше болды; жырақ болды.* **Шет қонды.** *Оңашаланды, оқшауланды.* **Шет қонып, қиыр жайлады.** *Жырақ жерді қоныстанды, ағайыннан алыс жүрді.* **Шет пұшпағы.** *Шет жағасы, аздаған ғана бөлшегі.* **Шетте қалды.** *Оқшау қалды, мән берілмеді, көңіл бөлінбеді.* **Шет тілі.** *Ана тілінен басқа, мемлекеттен тыс жерде тұратын халықтар тілі.* **Шетін көрсетті [шығарды].** *Шет-жағасын сездірді, ыңғай танытты.*

**ШЕТЕЛ** зат. *Бөтен ел, басқа мемлекет.*

**Шетел азаматтары.** қоғ.-саяси. *Мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын, өз мемлекетінің азаматтығына жататынын дәлелдейтін айғақтары жоқ адамдар.* **Шетел валютасы.** экон. а) *Шет мемлекеттердің ақша белгілері, сондай-ақ есеп айырысуда (халықаралық, аймақтық, мемлекетаралық т.б.) пайдаланылатын шетелдік ақшалай өлшем түріндегі төлем және кредит құжаттары (вексельдер, чектер).* ә) *Тиісті шет мемлекетте және мемлекеттер тобында айналыста жүрген және заңды төлем қаражаты болып табылатын банкнот, қазынашылық билет, мәнет, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айырбасталуға тиіс ақша белгілері.* б) *Шоттардағы шет мемлекеттердің ақша өлшемдері және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктері түріндегі қаражат.* **Шетел нарығы.** *Шетелден әкелінетін өнім саудасы.*

**ШЕТЕЛДІК** сын. *Шетелден келген, өзге жұрттық.*

**Шетелдік банк.** экон. *Капиталы толық немесе ішінара шетелдік салымшының (иеленушінің) есебінен құралған банк.* **Шетелдік жұмыс күші.** экон. *Еңбек заңнамасы сәйкес жұмысқа тартылған шетелдік азаматтар.* **Шетелдік инвестиция.** экон. *Шетелдік инвесторлар мен резидент заңды тұлғалардың шетелдегі бөлімшелері қабылдаушы (реципиент) елдің экономикасына салған ұзақ мерзімді жұмсалымы, сондай-ақ олардың пайда немесе активтер алу мақсатымен корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы.* **Шетелдік инвестор.** экон. *Орналасқан елінің заңнамасына сәйкес инвестицияны жүзеге асыру үшін құрылған және соған құқылы шетелдік заңды тұлға, сондай-ақ кез келген шетелдік компаниялар, фирмалар, кәсіпорындар, ұйымдар немесе қауымдастықтар, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар, шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар.* **Шетелдік кәсіпорын.** экон. *Республика заңдарына сәйкес ел аумағында құрылған, шетелдік инвестордың толық иелігіндегі, яғни жарғы капиталында 100% үлесі бар кәсіпорын.* **Шетелдік қадағалаушы.** қоғ.-саяси. *Шетелдік немесе халықаралық ұйымның өкілдігін білдіретін, заңмен белгіленген тәртіппен елде сайлауға және референдумға дайындықты және оның өткізілуін қадағалауға құқық алған тұлға.* **Шетелдік несие.** экон. *Халықаралық*

*экономикалық қатынастар саласындағы несие капиталының қайтарымдылық, мерзімділік және пайыз төлеу шартымен валюта және тауар ресурстарын беруге байланысты қозғалысы.*

**ШЕТЕЛШІЛ** сын. *Шетелге еліктегіш, шетелдіктерді дәріптейтін.*

**ШЕТЕН** зат. **1.** *Суық пен қуаңшылыққа төзімді, биіктігі 15 метрге дейін жететін, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш.* **2.** <лат. sorbus> *Раушангүлділер тұқымдас ағаштар мен бұталар туысы; жидекті және сәндік дақыл.* **3.** *Шетен ағашының сарғыш қызыл түсті домалақ жемісі.* **4.** *Шетеннің жіңішке шыбықтарынан тоқылған тоқыма.*

**Шетен қора.** *Талдан тоқылған шаруашылық құрылысы.* **Шетен құрық [сойыл].** *Шетен ағашынан жасалған құрық, сойыл.* **Шетен тосабы.** тамақ. *Құрамында микроэлементтер, сондай-ақ дәрумендер, пектинді заттар мол болатын, емдік қасиеті бар тосап.*

**ШЕТЕНДЕН[1]=** ет. *Шетен тәрізденіп қызару.*

**ШЕТЕНДЕН[2]=** ет. *Ерекшелену, оғаштану.*

**ШЕТЕНДЕНУ** *Шетенден етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТЕУ** үст. жерг. *Оқшау, шеткері, сыртқары.*

**ШЕТЕУЛЕ=** ет. *Бір нәрседен шет кету, шеткерілеу.*

**ШЕТЕУЛЕУ** *Шетеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕЙ** үст. *Шеткері, сыртқары, тысқары.*

**ШЕТКЕЙЛЕ=** ет. *Шетке шығу, бөлектеу, аулақтау.*

**ШЕТКЕЙЛЕН=** ет. *Шетке шығып оңашалану, бөлектену.*

**ШЕТКЕЙЛЕНУ** *Шеткейлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕЙЛЕТ=** ет. *Шетке шығарып оңашалату, бөлектету.*

**ШЕТКЕЙЛЕТУ** *Шеткейлет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕЙЛЕУ[1]** сын. *Алыстау, тысқарылау, сырттау.*

**ШЕТКЕЙЛЕУ[2]** *Шеткейле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕЙЛІК** зат. *Алыста, жырақта болушылық, оқшаулық.*

**ШЕТКЕРГІ** сын. *Бір нәрсенің шетіндегі, сыртқарғы, шеткі.*

**ШЕТКЕРЕК** сын. *Бір нәрседен шеттеу, оңашарақ, оқшауырақ.*

**ШЕТКЕРІ** сын. **1.** *Шеттеу, оқшаулау, оңашалау.* **2.** *Алыс, жырақ, шалғай, қашық.* **3.** *Сырт, тысқары.*

**ШЕТКЕРІЛЕ=** ет. *Шеттеу, аулақтау, тысқарылау.*

**ШЕТКЕРІЛЕН=** ет. *Оқшаулану, оңашалану.*

**ШЕТКЕРІЛЕНУ** *Шеткерілен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕРІЛЕТ=** ет. *Оқшаулату, оңашалату.*

**ШЕТКЕРІЛЕТУ** *Шеткерілет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТКЕРІЛЕУ** сын. *Сәл шеттеу, сыртқарылау, оңашалау.*

**ШЕТКЕРІЛІК** зат. *Тым шет болушылық, алыстық, қашықтық.*

**ШЕТКЕРІРЕК** сын. *Сәл шеттеу, оқшауырақ, сыртқарырақ.*

**ШЕТКЕРІРЕКТЕУ** сын. *Шеткері тамандау, шеткерілеу.*

**ШЕТКІ** сын. *Шетте тұрған, шет жақтағы.*

**Шеткі бөлме.** *Есікке жақын орналасқан, кіріпшығуға ыңғайлы бөлме.* **Шеткі жүйке жүйесі.** анат. *Бассүйектің іші мен жұлынынан тыс орналасқан жүйке талшықтары.* **Шеткі иілме.** геогр. *Қатпарлы құрылым мен платформа арасындағы ұзын иілме [қалың шөгінді жыныстар толтырып тұратын мұндай жерлерде көмір, мұнай, тұз кен орындары кездеседі].* **Шеткі морена.** геогр. *Аңғарлық мұздық тілінің шетіне шөккен бір немесе бірнеше доғалық тізбектен тұратын, аңғарды көлденең алып жатқан белдем түріндегі үйінді тау жыныстары.* **Шеткі мореналық көлдер.** геогр. *Шептік мореналар тізбектерінің арасындағы ойыстарда немесе мұздыққа дейінгі аңғарларды шептік-мореналық жалдардың бөгеуі нәтижесінде қалыптасатын көлдер.* **Шеткі теңіз.** геогр. *Мұхиттың аралдар арқылы немесе құрлыққа сұғына кіріп орналасқан және мұхитпен еркін жалғасатын бөлігі.*

**ШЕТҚАҚПАЙ: шетқақпай қылды**. *Шеттетті, сырттатты.*

**ШЕТҚАҚПАЙЛА=** ет. *Шеттету, ысыру, сырттату.*

**ШЕТҚАҚПАЙЛАУ** *Шетқақпайла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТМОЙЫН** зат. тех. *Осьтің не біліктің мойынтіректе тірелетін бөлігі; барабанды диірмендердің кен түсетін және цнтақталған кен шығатын тесік қақпақтарына жалғанған цилиндрлі мойындары.*

**ШЕТПЕ** зат. вет. *Қойда болатын аурудың түрі.*

**ШЕТПЕР** зат. *Жөке ағашының талшықты ұзын қабығынан тоқылған тығыз мата.*

**ШЕТПҰШПАҚ** зат. *Бір нәрсе жайында алынған аздаған мәлімет.*

**ШЕТПҰШПАҚТАП** үст. *Ептеп, шет жағалап.*

**ШЕТСІЗ** сын. **1.** *Ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз, шексіз.* **2.** ауыс. *Есепсіз, таусылмайтын.*

**ШЕТСІЗДІК** зат. *Шексіздік, шеті жоқтық.*

**ШЕТСІЗ-ТҮПСІЗ** сын. *Шеті мен түбі көрінбейтін.*

**ШЕТСІЗ-ШЕКСІЗ** сын. **1.** *Шеті мен шегі жоқ, көрінбейтін.* **2.** ауыс. *Шектен тыс, есепсіз, өлшемсіз.*

**ШЕТСІН=** ет. *Шет санау, алыссыну.*

**ШЕТСІНУ** *Шетсін етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТСІРЕ=** ет. *Шет деп, алыссырау.*

**ШЕТСІРЕТ=** ет. *Өзге, шет деп санату.*

**ШЕТСІРЕТУ** *Шетсірет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТСІРЕУ** *Шетсіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕ=** ет. **1.** *Шетке шығу, оңашалану, оқшаулану.* **2.** *Айналдыру, төңіректеп алдаусырату.* **3.** ауыс. *Аулақтау, алыс жүру.*

**ШЕТТЕГІШ** сын. *Сырғығыш, қашқалақ.*

**ШЕТТЕЛ=** ет. *Аулақтану, алыс жүру. // Алыстатылу, ысырылу.*

**ШЕТТЕЛУ** *Шеттел етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕН=** ет. *Шет жүру, аулақтану.*

**ШЕТТЕНУ** *Шеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕҢКІРЕ=** ет. *Сырттай түсу, оңашаланыңқырау, оқшауланқырау, жақындаңқырамау.*

**ШЕТТЕҢКІРЕУ** *Шеттеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕТ=** ет. **1.** *Алшақтату, сырттату.* **2.** *Шетқақпайлау, бөліп тастау.*

**ШЕТТЕТКІЗ=** ет. *Алшақтатқызу, сырттатқызу.*

**ШЕТТЕТКІЗУ** *Шеттеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕТТІР=** ет. *Алшақтаттыру, сырттаттыру.*

**ШЕТТЕТТІРУ** *Шеттеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕТУ** *Шеттет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕТІЛ=** ет. *Алшақтатылу, алыстатылу.*

**ШЕТТЕТІЛУ** *Шеттетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТТЕУ[1]** сын. *Оқшаулау, оңашалау.*

**ШЕТТЕУ[2]** *Шетте етістігінің қимыл атауы; аулақ жүру, алыстау.*

**ШЕТТЕУШІЛІК** зат. *Алшақтаушылық, алыстаушылық.*

**ШЕТТЕУІК** зат. жерг. *Жеміс сүйегі, жемістің ішіндегі ұрығы.*

**ШЕТТІК[1]** зат. этн. *Ердің алдыңғы жақтауларындағы айыл, жырым, құйысқан байлайтын қайыс баулық.*

**ШЕТТІК[2]** зат. қолөнер. *Кимешектің жақтауына қадайтын маржан, күміс тәрізді әшекейлі заттар.*

**ШЕТТІК[3]** зат. өс. *Тобылғы, шеңгел тәрізді тау беткейлерінде өсетін әдемі гүлді бұта.*

**ШЕТТІК[4]** зат. *Бөтендік, бөгделік, оғаштық.*

**ШЕТТІК[5]** зат. этн. *Мұрындықты бұйдаға жалғайтын жел бұйда орнындағы мықты, жіңішке жіп.*

**ШЕТТІК[6]** зат. кәс. *Жылым аудың бір жақ жартысының жиі тоқылған бөлігі.*

**ШЕТУ** *Шет етістігінің қимыл атауы. // Дене бөлігінен азғана жерін тіліп қан алу.*

**ШЕТ-ШАЛҒАЙ** үст. *Алыс, қашық, тым арыда.*

**ШЕТ-ШЕПІР** зат. жерг. ***Шет-жаға.***

**ШЕТ-ШЕПІРЛЕП** үст. *Аздап, шет жағалап.*

**ШЕТ-ШЕТТЕН** үст. *Жан-жақтан, түкпір-түкпірден.*

**ШЕТІК[1]** зат. көне. *Темір құрсау.*

**ШЕТІК[2]** зат. этн. жерг. *Мәсі, жұқа былғары байпақ.*

**ШЕТІН[1]** сын. *Осал, нашар, нәзік.*

**Шетін жол.** *Алмағайыбы, қатері көп жол.* **Шетін келеді.** *Шыдамсыз, нәзік, әлжуаз болады.*

**ШЕТІН[2]** сын. *Шектен шыққан, өрескел, оғаш, ерсі.*

**ШЕТІНДІК** зат. *Кемістік, нашарлық, осалдық.*

**ШЕТІНЕ=** ет. **1.** *Жастай өлу, қаза болу.* **2.** ауыс. *Шетінен азаю, кему, таусылу.*

**ШЕТІНЕН** үст. **1.** *Бәрі, түгел, барлығы, тегіс.* **2.** *Үнемді түрде, аз-аздан.* **3.** *Біртіндеп.*

**ШЕТІНЕТ=** ет. *Азайту, кеміту.*

**ШЕТІНЕТКІЗ=** ет. *Азайтқызу, кеміткізу.*

**ШЕТІНЕТКІЗУ** *Шетінеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТІНЕТТІР=** ет. *Азайттыру, кеміттіру.*

**ШЕТІНЕТУ** *Шетінет етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕТІНЕУ** *Шетіне етістігінің қимыл атауы; жастай өлу.*

**ШЕТІРЕК** сын. *Сәл шеткері, аздап шеттеу.*

**ШЕФ** [франц. chef] зат. кіт. **1.** *Жетекшілік қызмет атқаратын ресми адам, кәсіпорынның, мекеменің басшысы, бастығы.* **2.** *Бір ұйымның басқа бір ұйымға қамқорлық, жетекшілік қызметі.*

**Шефке алды**. *Қамқорлыққа алды, жетекшілік етті.*

**ШЕФМОНТАЖ** зат. экон. *Жабдық жеткізу мен құрастыруды жеткізуші тарапынан қадағалау, бақылау және ұйымдық-техникалық басқару ісі.*

**ШЕФМОНТЕР** зат. экон. *Басшы құрастырушы.*

**ШЕФПЕРСОНАЛ** зат. эк он. *Басшы қызметкер.*

**ШЕФТІК** сын. кіт. *Шефке қатысты, шефке тән.*

**ШЕШ=** ет. **1.** *Байланған, яки түйілген жіптің, т.б. нәрсенің ұшын ағыту, босату.* **2.** *Үстіндегі киімін сыпырып тастау.* **3.** ауыс. *Белгілі бір мәселені тиянақты түрде жүйеге келтіру, реттеу.* **4.** ауыс. *Белгілі бір нәрсенің шешімін табу.* **5.** ауыс. *Математикада есепті, амал-тәсілді шығару.*

**ШЕШЕ** зат. **1.** *Баланың туған анасы, апа.* **2.** этн. *Жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз.*

**ШЕШЕЙ** зат. экспр. *Жасы үлкен әйелге құрметпен айтылатын қаратпа сөз; шеше.* **2.** жерг. *Кіші іні әйелінің үлкен ағасының әйеліне құрметпен айтылатын сөз.*

**ШЕШЕК**[1] зат. *Түрлі түсті жұпар иісті гүл.*

**Шешек атты [жарды].** *Гүл ашты, құлпырды, гүлденді.*

**ШЕШЕК**[2] зат. мед. **1.** *Адам денесіне бөртіп, күлдіреп ұйыса шығатын жұқпалы ауру.* **2.** ***Шешек дақ.***

**Шешек дақ.** *Жарадан және шешек егуден денеде қалған орны, таңба.* **Шешек егу.** *Шешекке қарсы, шешек ауруының алдын алу үшін дәрі салу.* **Шешек екті.** *Жас сәбиді шешек ауруынан қорғау үшін ағзасына ауруға қарсы иммунитет тудыратын сол аурудың таяқшасын жіберді.* **Шешек келгір [тигір, шыққыр]!** *Қатты наразы болғанда айтылатын қарғыс.*

**ШЕШЕКЕ** зат. экспр. ***Шешей.***

**ШЕШЕКТЕЙ** сын. *Шешек сияқты, шешек тәрізді.*

**ШЕШЕКТІ** сын. *Шешек гүлі бар, гүлді.*

**ШЕШЕЛЕ=** ет. *Шеше-шеше деп қайта-қайта айту.*

**ШЕШЕЛЕС** сын. *Анасы бір, бір анадан туған.*

**ШЕШЕЛЕС=** ет. *Шеше-шеше десу.*

**ШЕШЕЛЕСУ** *Шешелес етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШЕЛЕУ** *Шешеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШЕЛІ** сын. *Шешесі бар, аналы.*

**ШЕШЕЛІ-БАЛАЛЫ** сын. *Анасы мен баласы, аналы-балалы.*

**ШЕШЕЛІК** зат. *Шеше болушылық, аналық.*

**ШЕШЕН** зат. **1.** *Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам.* **2.** <лат. orator> *Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды, шебер сөйлеуші адам.* **3.** этн. *Би, ділмар.* // *Домбыраға қатысты әуезді деген мағынада.*

**Шешен жігіт.** *Сөйлер сөзге тосылмайтын, тауып айтатын, әділдікті жақтайтын, тура сөйлейтін ділмар жігіт.*

**ШЕШЕНДЕН=** ет. *Тілі мен жағына сүйену, ділмарсу.*

**ШЕШЕНДЕНУ** *Шешенден етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШЕНДЕУ** сын. *Сөзге шеберлеу, тілге жүйріктеу.*

**ШЕШЕНДІК** зат. *Сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілік.*

**Шешендік өнер.** <грек. rhētorike> *Софистикалық бағыттағы далалық риторика.* **Шешендік сөз.** а) әдеб. *Қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем, әрі шағын дидактикалық жанр; ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз.* ә) лингв. *Қазіргі кездегі шешендік сөз талабына сай келетін саяси-әлеуметтік тақырыптағы баяндамалар, митинг, конференция, форумдарда айтылатын сөздер, радио, теледидарда ауызша жүргізілетін саяси-әлеуметтік шолулар, сот ісінде, діни қызметте айтылатын, күнделікті әлеумет өмірінде салтанатты, болмаса қаралы жиындарда, мерейтойларда т.б. айтылатын сөз үлгілері.*

**ШЕШЕНСУ** *Шешенсі етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШЕНСЫМАҚ** зат. *Шешен сияқты көсемсіп көп сөйлейтін адам.*

**ШЕШЕНСІ=** ет. *Мақалдап, мәтелдеп көп сөйлеу, ділмарсу, көсемсу.*

**ШЕШЕНСІН=** ет. *Өзін шешен санап, көсемсіп сөйлеу.*

**ШЕШЕНСІНУ** *Шешенсін етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШЕТАЙ** зат. *Жасы үлкен әйел адамға ізетпен айтылатын қаратпа сөз.*

**ШЕШКІЗ=** ет. **1.** *Киілген, жабылған киімді сыпырғызу, шештіру.* **2.** *Байланған, бекітілген нәрсені босатқызу.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің шешімін тапқызу.*

**ШЕШКІЗУ** *Шешкіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШТІР=** ет. **1.** *Үстіден сыпырғызу.* **2.** ауыс. *Шешімін таптыру.*

**ШЕШТІРУ** *Шештір етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШУ**[1] зат. *Жұмбақтың жауабы; бір нәрсенің түйіні; шешім.*

**ШЕШУ**[2] *Шеш етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Киімін сыпыру.* **2.** ауыс. *Шешімін табу.*

**ШЕШУСІЗ** сын. *Шешімі жоқ, шешілмеген.*

**ШЕШУШІ**[1] зат. *Жұмбақтың жауабын, бір нәрсенің түйінін табушы адам.*

**ШЕШУШІ**[2] сын. *Ең басты, маңызды, негізгі.*

**Шешуші күшейткіш.** инф. *Тұрақты тоқтың күшейткіші мен теріс кері байланыс тізбегін құрайтын сыртқы радиоэлементтерден тұратын кешендік құрылғы.* **Шешуші соққы.** әск. *Шабуылдаушы қарсыласты жою, жоғалтқан жағдайды қалпына келтіру мақсатында екінші эшелонның немесе оперативті бірлестіктер резервтерінің шабуыл болмаған өңірлерден алынған әскерлермен, сондай-ақ қарсы соққы майданындағы әскерлермен бірлесе отырып жүргізген соққы.*

**ШЕШІЛ=** ет. **1.** *Босатылу, тарқатылу.* **2.** ауыс. *Ашылып, іштегі сырын сыртқа шығару, ақтарылып айту.* **3.** ауыс. *Шешімі табылу.*

**ШЕШІЛУ** *Шешіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Босатылу, тарқатылу.* **2.** ауыс. *Шешімі табылу.*

**ШЕШІЛІС** зат. әдеб. *Шығармадағы оқиға желісінің шиеленісіп, даму барысындағы байланған түйіндер шешілетін тұсы.*

**ШЕШІЛІС=** ет. *Ашылып сөйлесу, бір-біріне сырын ақтарысу.*

**ШЕШІЛІСУ** *Шешіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШІМ** зат. **1.** *Бір нәрсенің түйіні, байлам, тоқтам, қорытынды.* **2.** құқық. *Азаматтық істі талқылау нәтижесінде шығарған сот актісі.*

**Шешім алды.** *Белгілі бір тоқтамға келді.* **Шешімге келді.** *Бір нәрсеге байлам, қорытынды жасады, тоқтамға келді.* **Шешім қабылдады.** а) *Үйғарды, шешті.* ә) *Келісімге келді, тоқтамға келді, келісті.* **Шешім қабылданды.** *Үйғарылды, шешілді.* **Шешім қабылдау.** а) *Келісімге келу, келісу, тоқтау.* ә) *Әрекеттер, нақты жұмыстар жасау.* **Шешімін табу.** *Бір нәрсенің түйінін шешу, жолын қарастыру.*

**ШЕШІМДІ** сын. *Өз бетінше шешім жасай білетін.*

**ШЕШІМДІЛІК** зат. *Адамның өз бетімен жауапты шешімдер қабылдауға және іс-әрекетте оларды бұлжытпай жүзеге асыруға қабілеттілік.*

**ШЕШІМСІЗДІК** сын. *Жауапты шешімдер қабылдай алмаушылық.*

**ШЕШІН=** ет. **1.** *Үстіндегі киімін өзі шешу.* **2.** ауыс. *Білек сыбану, кірісу.*

**ШЕШІНГІЗ=** ет. *Үстіндегі киімін шешуге мәжбүр ету.*

**ШЕШІНГІЗУ** *Шешінгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШІНДІР=** ет. **1.** *Біреудің киімін сыпырғызу.* **2.** ауыс. *Біреудің киімін үстінен күштеп шешіп, тартып алу, тонау.*

**ШЕШІНДІРТ=** ет. *Біреуге киімін шешкіздірту, сыпыртқызу.*

**ШЕШІНДІРТУ** *Шешіндірт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШІНДІРУ** *Шешіндір етістігінің қимыл атауы; киімін үстінен сыпырғызу.*

**ШЕШІНДІРІС=** ет. *Киімді бірге шешіндіру.*

**ШЕШІНУ** *Шешін етістігінің қимыл атауы; өз киімін шешу.*

**ШЕШІНІС=** ет. *Үстідегі киімдерін шешісу.*

**ШЕШІНІСУ** *Шешініс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЕШІС=** ет. **1.** *Киімді шешуге көмектесу, бірге шешу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсенің шешімін бірге табу.*

**ШЕШІСУ** *Шешіс етістігінің қимыл атауы; шешімін бірге табу.*

**ШИ**[1] зат. **1.** өс. <лат. lasiagrostis> *Түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке әрі ұзын қамыс тектес өсімдік.* **2.** *Шиден тоқылған бұйым.*

**Ши алтын.** *Таза алтын.* **Ши бақай.** *Арық, жүдеу.* **Ши борбай.** сын. а) *Сидиған арық, жіп-жіңішке.* ә) *Жас, жетілмеген.* **Ши бұт.** а) *Арық аяқты, сидиған сирақты.* ә) *Тыриған, арық, әлсіз деген мағынада.* б) *Бабына келмеген, әлі шикі, шала деген мағынада.* **Ши жүгіртті.** *Араға от салды.* **Ши мойын.** *Мойны қылқиған, жіп-жіңішке.* **Ши мұрын.** эвф. *Жын, шайтан.* **Ши тоқу.** қолөнер. *Қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған қолөнер түрі.* **Ши ұстау.** этн. *Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін шиді айналдыра ұстау.* **Ши шығарды.** *Реніш пайда болғызды, іріткі тудырды.* **Ши шықты.** *Реніш пайда болды, іріткі туды.*

**ШИ**[2] зат. *Сіріңкенің жіңішке талы.*

**ШИ**[3] зат. *Бірде ыстық, бірде суық жібергендіктен аттың арқасына шығатын ісікті жара.*

**Ши арқа ат.** *Көп міністен жауыр болып, ер батқан соң арқасының шиі шығып тұратын мініс көлігі.* **Ши арқа түйе.** *Арқа сүйегі ырсиып тұргандай, шидей жұқа, ені тар әрі жіңішке будан түйелердің азғындарының бірі.* **Ши қотыр.** *Денеге шығатын қотырдың бір түрі, киіз қотыр.*

**ШИ**[4] зат. жерг. *Егістікте жыртылмай қалған жер.*

**ШИБАРҚЫТ** зат. *Бет жағы жол-жол болып келген барқыттың бедерлі түрі.*

**ШИБАУ** зат. этн. *Үйде ұсталған шидің екі шетіндегі керегеге байланатын жіп.*

**ШИБАУЫЗ** зат. тар. *Бір ауылдың жайылымын, шабындығын рұқсатсыз, келісімсіз пайдаланғаны үшін салынатын айыптың түрі.*

**ШИБАУЫРСАҚ** зат. тамақ. *Сүтке, сорпаға жұмыртқа қосып, иленген қамырды ашытпай жіңішке есіп, ұсақ кесіп, майға жүздіріп пісірген бауырсақ.*

**ШИБӨРІ** зат. сөйл. ***Шиебөрі.***

**ШИГӘ** сын. ескі кіт. *Кішкентай, нәзік, жіңішке.*

**ШИГЕДЕК** зат. жерг. *Шігесіне қорғасын құйған сақа.*

**ШИҒА** зат. діни. **1.** *Шиға мазһабындағылар, Әлидің жолын қуушылар.* **2.** көне. *Партия, топ.*

**ШИҒЫР** [ар. ] зат. ескі кіт. *Өлең, поэзия.*

**ШИДЕЙ** сын. *Жіп-жіңішке, ілмиген.*

**ШИДЕЛІ**: **шиделі күпі**. *Қой не түйе жабағысынан бидай шүбіректеліп жасалған күпінің астарсыз шидем шекпенмен тысталған түрі.*

**ШИДЕМ** зат. *Жүннен тоқылып істелетін жылы сырт киім.*

**Шидем шекпен.** этн. *Ішіне жабағы күскен шекпен.*

**ШИДЕҢ** елік. *Шидиген, сидиған адамның, малдың т.б. қысқа қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Шидең бұт.** *Сыпатай, ұзын, жіңішке аяқты.* **Шидең қақты.** *Бұтын сидаңдатып, шидеңдеді.*

**ШИДЕҢДЕ=** ет. *Шидең-шидең ету.*

**ШИДЕҢДЕУ** *Шидеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШИДИ=** ет. *Ши сияқты жіп-жіңішке болу, сидию.*

**ШИДИЮ** *Шиди етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕ**[1] зат. бот. **1.** *Басына қызыл түсті жеміс өсетін ағаш және сол ағаштың домалақ жемісі.* **2.** <лат. cerasus> *Раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағаштарының туысы.*

**Шие жегендей қылды.** *Аузы-басын қып-қызыл қан етті.* **Шие қызыл.** *Аса қызыл, қан қызыл, шиедей қызыл.* **Шие шыбыны.** зоол. *Ұлкендігі 5 мм-дей болатын жылтыр қара шыбын.*

**ШИЕ**[2] зат. **1.** *Арқан-жіптерді шешілместей етіп байлаудың түрі.* **2.** ауыс. *Шым-шытырық шатақ, шешілмес түйін.*

**ШИЕБӨРІ** зат. зоол. <лат. canis aureus> *Ит тұқымдасына жататын сүтқоректі жыртқыш; шүйебөрі.*

**ШИЕДЕЙ** сын. *Қып-қызыл, шиқандай.*

**Шиедей қылды.** *Қып-қызыл етіп, қанға бояды.*

**ШИЕЛЕ=** ет. *Шешілмейтіндей етіп түйіп байлау.*

**Шиелеп байлады.** *Шешілмейтіндей етіп шандып байлады.*

**ШИЕЛЕН=** ет. **1.** *Шешілмейтіндей өздігінен шандып байлану.* **2.** ауыс. *Күрделену, асқыну.*

**ШИЕЛЕНДІР=** ет. *Дау-дамайды, келіспеушілікті ушықтыру, асқындыру.*

**ШИЕЛЕНДІРУ** *Шиелендір етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕЛЕНУ** *Шиелен етістігінің қимыл атауы; күрделену, асқыну.*

**ШИЕЛЕНІС** зат. **1.** *Ерегіс, тартыс, талас.* **2.** әдеб. *Сюжеттегі тартыстың кезеңі, оқиғаның алғаш шиеленісе бастаған тұсы.*

**ШИЕЛЕНІС=** ет. **1.** *Бір-бірімен шиеленіп байлану.* **2.** ауыс. *Шатысу, күрделене түсу.* **3.** ауыс. *Егесу, қақтығысу, шекісу.* **4.** әдеб. *Оқиғаның, сюжеттің шиеленісуі.*

**ШИЕЛЕНІСКЕНДІК** зат. **1.** *Шатысқандық.* **2.** *Ушығыс, талас-тартыс.*

**ШИЕЛЕНІСТІ** сын. *Шиеленіскен, тартысты.*

**ШИЕЛЕНІСТІР=** ет. *Ушықтырысу, күрделендіре түсізу.*

**ШИЕЛЕНІСТІРУ** *Шиеленістір етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕЛЕНІСУ** *Шиеленіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ушығысу, күрделене түсу.* **2.** *Егесу, қақтығысу, шекісу.*

**ШИЕЛЕТ=** ет. *Шандып, түйіп байлату.*

**ШИЕЛЕТУ** *Шиелет етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕЛЕУ** *Шиеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕЛІ**[1] сын. *Шие өскен, шиесі мол.*

**ШИЕЛІ**[2] сын. *Шым-шытырық шатысқан, бытысқан іс.*

**ШИЕЛІЛІК** зат. *Шиеленіп қалғандық, шатысқандық.*

**ШИЕН**[1] зат. өс. сөйл. *Шиін (арамшөптің бір түрі).*

**ШИЕН**[2] зат. **1.** *Жаңа өсіп келе жатқан көк шалғын.* **2.** *Хайуанның қыстайтын іні, үңгірі.*

**ШИЕНДЕ=** ет. *Өсімдіктердің бүршік ашып, көгере бастауы.*

**ШИЕНДЕУ** *Шиенде етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЕТТЕЙ** сын. *Үйелмелі-сүйелмелі, әрі жас, әрі көп (бала-шаға).*

**ШИЖУА** зат. өс. сөйл. ***Жусай.***

**ШИЗОГОНИЯ** [грек. schizo – ыдыратамын, бөлемін; gone, goneia – туу, дүниеге келу, ұрпақ] зат. зоол. *Кокцидияның және басқа қарапайым жәндіктердің қайта-қайта бөлініп жыныссыз өрбуі.*

**ШИЗОНТ** зат. биол. *Споралылардың (қарапайымдардың) жыныссыз көбею сатысындағы көпядролы дарағы.*

**ШИЗОФРЕНИЯ** [грек. schizo – бөлемін, phren – ақыл, ой] зат. мед. *Түрлі инфекцияның, аурудың әсер етуінен пайда болатын созылмалы психикалық ауру.*

**ШИИ** [ар. شيعى ] сын. діни. *Шиалық, шиғылық.*

**ШИИЗМ** зат. діни. *Шиғалар ағымы, шиизмнің жолын ұстану.*

**ШИИТТЕР** зат. діни. *Шиизмді ұстанып, Ғалиді жақтаушылар.*

**ШИКАНЕР** зат. экон. *Еуропа мәдениетінде арам пиғылды саудагер дегенді білдіретін ұғым.*

**ШИКАЯТ** [ар. شكاية ] зат. **1.** *Шағым.* **2.** *Айыптаушылық.*

**ШИКЕСПЕ** зат. тамақ. *Жіңішке етіп кесілген кеспе.*

**ШИКІ** сын. **1.** *Қайнап піспеген, жеуге әлі болмайтын.* **2.** *Толықтай өсіп-өнбеген.* **3.** *Өңделмеген, қам.* **4.** ауыс. *Кемеліне келмеген, жетілмеген, шалағай.* **5.** *Сенімсіз, күдікті.*

**Шикі газ.** тех. *Ешқандай өңдеуден өтпеген, өңделмеген газ.* **Шикі конденсат.** геол. *Газ түріндегі көмірсутектердің белгілі бір мөлшері өздерінде ерiген, қалыпты жағдайда сұйық көмірсутектерден тұратын дербес газдың іріктелу өнімі.* **Шикі көже.** *Бидай көже.* **Шикі керпіш.** сөйл. ***Шикі кірпіш.*** **Шикі кірпіш.** *Балшықтан құйған күйдірілмеген кірпіш.* **Шикі кірпіш.** *Күйдірілмеген, өңделмеген қыш, кірпіш, құрылыс материалы.* **Шикі қаймақ.** *Шикідей тұндырып қойған сүттің бетінен немесе сепаратор машинесіне тартылған сүттен алынатын қаймақ.* **Шикі өкпе.** а) *Жас бала, сәби.* ә) жағымсыз. *Қолынан еш нәрсе келмейтін, оң-солын білмейтін, тәжірибесіз.* **Шикі сары.** *Сап-сары, ашық сары.* **Шикі спирт.** хим. *Құрамына сивуш майларының қоспасы кіретін этанол.*

**ШИКІДЕЙ** үст. *Піспеген күйінде, шикі қалпында, пісірмей.*

**ШИКІЗАТ** зат. кіт. *Өндірілуіне, қазып алынуына еңбек жұмсалған еңбек заты.*

**ШИКІҚҰРАМ** зат. хим. *Берілген құрамды шикізатты қоспа.*

**ШИКІҚҰРАМДАУ** зат. хим. *Қоспаға белгілі бір технологиялық қасиет беру мақсатымен әртүрлі сортты немесе әртүрлі мөлшердегі пайдалы құрамбөлікті пайдалы қазылымды араластыру үдерісі.*

**ШИКІЛ** сын. **1.** *Сап-сары, сарғыш.* **2.** ауыс. *Ақылы толмаған, жас; шала.* **3.** *Жетілмеген, шала.*

**Шикіл сары.** *Сап-сары; нағыз шикі сары.*

**ШИКІЛЕЙ** сын. сөйл. ***Шикідей.***

**ШИКІЛЕУ** сын. **1.** *Пісіп жетіңкіремеген, шала піскен.* **2.** ауыс. *Жетілмеген, шала-шарпы, шалағай.*

**ШИКІЛТІМ** сын. *Онша пісіп жетпеген, әлі де шикілеу.*

**ШИКІЛІК** зат. **1.** *Пісіп жетпегендік, піспегендік.* **2.** ауыс. *Шалағайлық, ысылып-жетілмегендік, шалалық.*

**ШИКІЛІ-ПІСІЛІ** сын. **1.** *Бабына келтіріліп, пісірілмеген, шала піскен, пісіп жетпеген.* **2.** ауыс. *Шала-шарпы, кемеліне жетпеген.*

**ШИҚ** елік. *Заттардың үйкелісінен шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

**Шиқ етті [ете қалды].** *Шиқылдаған дыбыс шығарды.*

**ШИҚАЗТАҢДАЙ** зат. өс. *Қасқыржемнің бір түрі; қылтанды қасқыржем.*

**ШИҚАЛПАҚ** зат. *Шиден тоқылған қалпақ.*

**ШИҚАН** зат. **1.** *Көбіне суық тигеннен денеге іріңдеп, қызарып, ісініп шығатын тері ауруы.* **2.** ауыс. жерг. *Аязда теңіз мұзының қысыммен шатынауынан пайда болатын мұз төбе, мұз үйіндісі.*

**ШИҚАНДАЙ** сын. *Қып-қызыл, шиедей.*

**ШИҚАНШӨП** зат. өс. сөйл. ***Иманжапырақ.***

**ШИҚОНАҚ** зат. өс. сөйл. ***Итқонақ.***

**ШИҚУРАЙ** зат. өс. сөйл. ***Сүтқурай*** *(сабағы жіңішке, тарамдалып өсетін қурай түрі).*

**ШИҚ** елік. *Кішілеу құстың, жәндіктің дауысын немесе екі қатты заттың үйкелгенінде шығатын жіңішке, құлақты тесетін қысқа дауысты білдіретін сөз.*

**ШИҚ-ШИҚ** елік. *Кішілеу құстардың, жәндіктердің үсті-үстіне шиқылдаған дауысын немесе екі қатты зат үйкелгендегі қайталанған жіңішке дыбысты білдіретін сөз.*

**Шиқ-шиқ етті.** а) *Құстар шиқылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Заттардың үйкелісі салдарынан шиқылдап дыбыс естілді.*

**ШИҚЫЛ** зат. **1.** *Кішілеу құстардың, ұсақ жәндіктердің шиқ-шиқ еткен үні.* **2.** *Заттардың үйкелісінен шығатын дыбыс.*

**ШИҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шиқ-шиқ ету.* **2.** *Шиқылдаған дыбыс шығару.*

**ШИҚЫЛДАҚ**[1] зат. өс. *Тау етектеріндегі қиыршық тасты жерлерде, өзен арналарында өсетін, биіктігі 10-30 см-дей, тамыры жуан, жапырақтары ұзын, орақ тәрізді иіліп тұратын, гүлі ақшыл көк, күлгін немесе көкшіл сары түсті құртқашаштар тұқымдастарына жататын, көпжылдық жуашықты өсімдік.*

**ШИҚЫЛДАҚ**[2] зат. өс. <лат. iridaceae iliensis> *Құртқашаштың ілелік түрі; іле құртқашашы.*

**ШИҚЫЛДАҚ**[3] сын. *Шиқ-шиқ ететін, шиқылдап қалған.*

**Шиқылдақ торғай.** зоол. *Орманды мекендейтін торғайдың түрі.* **Шиқылдақ тышқан.** зоол. *Орман ішінде, биік жартастарда тіршілік ететін ерекше тышқан.*

**ШИҚЫЛДАС=** ет. **1.** *Қосылып шиқ-шиқ ету.* **2.** *Шиқылдаған дауыс шығарысу.*

**ШИҚЫЛДАСУ** *Шиқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШИҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шиқ-шиқ еткізу.* **2.** *Шиқылдаған дауыс шығарту.*

**ШИҚЫЛДАТҚЫЗ=** ет. *Шиқылдаған дауыс шығарткызу.*

**ШИҚЫЛДАТҚЫЗУ** *Шиқылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШИҚЫЛДАТУ** *Шиқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШИҚЫЛДАУ** *Шиқылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шиқ-шиқ ету.* **2.** *Шиқылдаған дыбыс шығару.*

**ШИҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Шиқ-шиқ етіп қалған, шиқылдай беретін.*

**ШИЛАН**[1] зат. жерг. *Ақша салатын қымжнік.*

**ШИЛАН**[2] зат. *Сұйық заттарды сақтауға арналған ыдыс.*

**ШИЛАН=** ет. *Ет алу, оңалу, түзелу.*

**ШИЛАНДАЙ** сын. *Шилан сияқты.*

**ШИЛЕН** зат. өс. *Ұнаби (таудың құрғақ тастақты беткейлерінде өсетін, биіктігі 2-5 м-дей, қызыл қоңыр түсті қосүйлі тікенді бұта).*

**ШИЛЕУ** зат. өс. жерг. ***Ши.***

**ШИЛЕУІТ**[1] зат. өс. жерг. ***Ши.***

**ШИЛЕУІТ**[2] зат. *Ши өскен жер, шилі алқап.*

**ШИЛЕУІТТІ** сын. *Ши қалың өскен, шиі бар.*

**ШИЛЛИНГ** [ағыл. shilling] зат. **1.** *Ағылшын тиыны.* **2.** *Австрия, кейбір Африка мен басқа да елдердің ақша бірлігі.*

**ШИЛЫҒУ** *Шилық етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЛЫҚ=** ет. сөйл. ***Шырық.***

**ШИЛЫҚТЫР=** ет. ***Шырықтыр.***

**ШИЛЫҚТЫРУ** *Шилықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЛІ**[1] сын. *Ши өскен, шиі мол (жер).*

**ШИЛІ**[2] сын. *Арқасында шиі бар, жаралы.*

**Шилі қара.** *Бұрын көбірек мініліп арқасы жауыр боп жазылып, мінсең арқасы тез кетіп, тағы сондай жауыр болатын жылқы.*

**ШИМАЙ** зат. **1.** *Айқыш-ұйқыш, ирі-қиыр сызықтар.* **2.** *Оқылуы қиын, нашар жазу, шимай-шатпақ.*

**ШИМАЙЛА=** ет. **1.** *Айқыш-ұйқыш иректеп, ретсіз сызғылау, шатпақтау.* **2.** *Астаң-кестеңін шығару.*

**ШИМАЙЛАН=** ет. **1.** *Айқыш-ұйқыштану.* **2.** *Шимай-шатпақтану.*

**ШИМАЙЛАНУ** *Шимайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШИМАЙЛАТ=** ет. *Айқыш-ұйқыш ету, иректету.*

**ШИМАЙЛАТҚЫЗ=** ет. *Айқыш-ұйқыш еткізу, иректеткізу.*

**ШИМАЙЛАТҚЫЗУ** *Шимайлатқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ШИМАЙЛАТУ** *Шимайлат етістігінің қимыл атауы.*
**ШИМАЙЛАУ** *Шимайла етістігінің қимыл атауы; шатпақтап жазу, сызу.*
**ШИМАЙ-ШАТПАҚ** з а т . **1.** *Қалай болса, солай, асығыс, нашар жазу.* **2.** *Негізсіз жазылған қолжазба.*
**ШИМАЙ-ШИМАЙ** с ы н . *Шатпақ, айқыш-ұйқыш, иір-қиыр.*
**ШИМАЙШЫ** з а т . *Жазу-сызумен айналысушы.*
**ШИМАҚ** з а т . с ө й л . ***Шимай.***
**ШИМАҚТА=** е т. с ө й л . ***Шимайла.***
**ШИМАҚТАУ** *Шимақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШИМАЛ** [ар. شمال ] з а т . **1.** *Солтүстік.* **2.** *Сол, сол жақ.*
**ШИМАН** з а т . *Қалың, ну.*
**ШИМАНДАЙ** с ы н . *Самсаған, қалың, көп.*
**ШИМАНДЫ** с ы н . **1.** *Нәрлі, дәмді, жақсы.* **2.** а у ы с . *Құнарлы, құйқалы.* **3.** а у ы с . *Таңдаулы, мақтаулы; бетке ұстар.*
**ШИМПАНЗЕ** [франц. chimpanze] з а т . з о о л . *Адамтәрізді маймылдардың понгидтер тұқымдасына жататын адам тектес туысы.*
**ШИН**[1] з а т . к ө л і к . ***Шина***[1]***.***
**ШИН**[2] *Араб әліпбиіндегі «ш» әрпінің атауы, оның айтылуы.*
**ШИНА**[1] [нем. Schiene] з а т . к ө л і к . *Доңғалақтың сыртына кигізілетін қалың резеңке.*
**ШИНА**[2] з а т . и н ф . <ағыл. bus> *Ортақ қызметтік белгі бойынша біріктірілген және есептеу машинасының бір құрама бөлігінен екіншісіне ақпарат тасымалданатын арналар (желілер) тобы.*
**ШИНГАРД** з а т . с п о р т . *Боксшы бинттерін алмастыратын саусақтарсыз арнайы қолғаптар.*
**ШИНДІ** с ы н . к ө л і к . *Шині бар, шин кигізілген.*
**ШИНЕЛЬ** з а т . *Қалың шұғадан тігілген, ұзын етекті әскери сырт киім.*
**ШИНЕЛЬДІ** с ы н . *Үстінде шинелі бар, шинель киген.*
**ШИНЕЛЬДІК** с ы н . *Шинельге арналған, шинель тігілетін.*
**ШИНШИЛЛА** [франц. chinchilla] з а т . з о о л . *Кеміргіштер отрядының бір тұқымдасы.*
**ШИНЬОН** [франц. chignon] з а т . *Жасанды шаш.*
**ШИПА** [ар. شفا ] з а т . **1.** *Ауру, сырқауды сауықтыруға себеп болатын ем, дауа.* **2.** *Емдік заттар, дәрі-дәрмек.*
**Шипасы тиді.** *Себі, пайдасы тиді.*
**ШИПАГЕР** з а т . *Емші, домшы.*
**ШИПАГЕРЛІК** з а т . *Емшілік, домшылық.*
**ШИПАЖАЙ** з а т . <лат. sanatore> *Ем алатын орын.*
**ШИПАЛЫ** с ы н . *Емдік қасиеті бар, ем боларлық.*
**Шипалы лай.** *Емдік қасиеті бар, табиғи ыстық батпақ.* **Шипалы су.** *Құрамында емдік қасиеті бар минералды су.*
**ШИПАЛЫҚ** с ы н . *Ем боларлық, емдік, дарулық, дәрілік.*
**ШИПАЛЫЛЫҚ** з а т . *Емділік, дәрілік қасиет.*
**ШИПАҢ** е л і к . с ө й л . ***Шипың.***
**ШИПАҢДА=** е т. с ө й л . ***Шипыңда.***
**ШИПАҢДАУ** *Шипаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШИПАСЫЗ** с ы н . *Шипалы, емдік қасиеті жоқ.*
**ШИПАХАНА** з а т . *Сауықтанатын орын, емхана, аурухана.*
**ШИПАШАҚ** з а т . мед. <лат. receptum> *Дәрігердің дәріханаға, фармацевтке науқастың қолына беруге тиісті дәрінің сипаттамаларын жазып берген қағазы.*
**ШИПАШЫ** з а т . *Емші, шипагер.*
**ШИПАЯ** з а т . ө с . ж е р г . ***Ши.***
**ШИПАЯ** с ы н . **1.** *Жақсы өспей қалған, жетілмеген.* **2.** а у ы с . *Ілмиген, жіп-жіңішке.*
**ШИПИ=** е т. *Ілмию, ет алмау.*
**ШИПИЮ** *Шипи етістігінің қимыл атауы.*
**ШИПЧАНДЛЕР** [ағыл. shipchandler] з а т . э к о н . *Кемеге азық-түлік және техникалық жабдық жеткізуші ұйым немесе фирма.*
**ШИПЫҢ** с ы н . *Құйрығын шипыңдатып қалған; шипаң.*
**ШИПЫҢДА=** е т. *Құйрығымен екі бүйірін сабау, шипың-шипың ету.*
**ШИПЫҢДАТ=** е т. *Құйрығымен екі бүйірін сабату.*
**ШИПЫҢДАТУ** *Шипыңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШИПЫҢДАУ** *Шипыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШИПІ**: **шипі емшек бие.** *Биенің кішкене емшектісі.*
**ШИРА=** е т. **1.** *Ширатылған арқанның, жіптің көбірек есіліп кетуі, пысу.* **2.** *Жуылған киімінің отырып, қысқарып қалуы; апшу.* **3.** *Жердің дегдуі, кебу.* **4.** *Адам денесінің сергуі, ширығуы.* **5.** *Қимылқозғалыстың артуы; үдей түсу, күшею.* **6.** *Күш жию, әлдену, тыңаю.* **7.** *Өсу, ересек тарту, есею.* **8.** а у ы с . *Ысылу, шынығу, шыңдау.*
**ШИРАЗ** з а т . қ о й ш а р . **1.** *Көк түсті қаракөл елтірісі.* **2.** *Көк елтірілі қаракөл қозысы.*
**ШИРАҚ**[1] з а т . қ о л ө н е р . *Тіннің әбден шиыққаны, арқанның пысығы.*
**ШИРАҚ**[2] с ы н . **1.** *Тығыз, қатты; жұмсақ емес.* **2.** *Дегдіген, кебу.* **3.** *Жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы ылдым-жылдым, күш-қуаты мол, тың.* **4.** *Күйлі, қуатты.*
**ШИРАҚСЫН=** е т. *Ширақ болып көріну.*
**ШИРАҚСЫНУ** *Ширақсын етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАҚТАН=** е т. *Қимыл-қозғалысын тездету, ширау.*
**ШИРАҚТАНУ** *Ширақтан етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАҚТАУ** с ы н . *Қимыл-әрекеті ширағырақ, ылдым-жылдым.*
**ШИРАҚТЫҚ** з а т . *Сергектік, жинақылық, пысықтық.*
**ШИРАҚТЫЛЫҚ** з а т . с ө й л . ***Ширақтық.***
**ШИРАҚЫ** с ы н . с ө й л . ***Ширақ*** *(жүріс-тұрысы ылдым-жылдым, күш-қуаты бар).*
**ШИРАҚЫЛАН=** е т. *Ширай түсу, ылдым-жылдым қозғалу.*
**ШИРАҚЫЛАНУ** *Ширақылан етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАЛ=** е т. **1.** *Қимыл-қозғалыстың артып, үдетілуі.* **2.** а у ы с . *Жетілу, шыңдалу.*
**ШИРАЛУ** *Ширал етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАҢҚЫРА=** е т. *Ширай түсіңкіреу, жинақы болыңқырау.*
**ШИРАҢҚЫРАУ** *Шираңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАТ=** е т. **1.** *Арқан, жіп жасау үшін тарамысты, жүнді, қылды, мақтаны т. б. қатты етіп есу, пысыту.* **2.** *Бір нәрсені шиырлатып орау, шиыршықтау.* **3.** *Сақал-мұртты бұрап, сәндетіп қою.* **4.** *Денені сергіту, ширықтыру.* **5.** а у ы с . *Бір нәрсеге қозғау салу, жеделдету, тездету.* **6.** а у ы с . *Ысылту, шыңдау, шынықтыру.*
**ШИРАТҚЫ** з а т . қ о л ө н е р . *Арқан, жіп жасауға қажетті көмекші құрал.*
**ШИРАТҚЫЗ=** е т. *Шиырлатқызу, шиыршықтатқызу.*
**ШИРАТҚЫЗУ** *Ширатқыз етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАТҚЫШ** з а т . *Бір нәрсені ширататын мәшине.*
**Ширатқыш мәшине.** т о қ ы м а . *Тоқыма өндірісінде жіпті, кордты, шпагатты, арқанды, т.б. ширату үшін қолданылатын мәшине.*
**ШИРАТПА** с ы н . **1.** *Ширатылған, есілген.* **2.** *Сақал-мұртын бұрап, сәндеген.* **3.** з е р г . *Алтын, күміс шыбығы, талшығы бұралған, есілген, өрмеленген.*
**Ширатпа білезік.** з е р г . *Ширатпа ұста, зергер технологиясының бір түрімен жасалған білезік.* **Ширатпа шыны күміс.** з е р г . *Саф күмістің есілген, ширатылған түрі.*
**ШИРАТПАЛЫ** с ы н . *Ширатып қойған, бұрамалы.*
**ШИРАТТЫР=** е т. *Естіру, пысыттыру.*
**ШИРАТТЫРУ** *Шираттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАТУ** *Шират етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пысыту, есу.* **2.** *Сақал-мұртты бұрап, сәндету.*
**ШИРАТЫЛ=** е т. **1.** *Есіліп, пысытылу.* **2.** *Оратылу, шиыршықталу.* **3.** *Сақал-мұртты бұрап, сәнделу.* **4.** *Керіліп-созылу, кербездену.*
**ШИРАТЫЛТ=** е т. *Есілту, пысылту.*
**ШИРАТЫЛТУ** *Ширатылт етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАТЫЛУ** *Ширатыл етістігінің қимыл атауы; оратылу, шиыршықталу.*
**ШИРАТЫНДЫ** з а т . *Шиыршықталған зат.*
**ШИРАТЫҢҚЫРА=** е т. *Ширата түсу, қатайтыңқырау.*
**ШИРАТЫҢҚЫРАУ** *Ширатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАТЫС=** е т. *Бірге ширату, қатайтысу.*
**ШИРАТЫСУ** *Ширатыс етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРАУ**[1] з а т . **1.** *Ширатылу, есілу, бұралу ісі.* **2.** *Шыңдалу, пісіп жетілу әрекеті.*
**ШИРАУ**[2] *Шира етістігінің қимыл атауы; күш жию, тыңаю.*
**ШИРЕК** [ир. چهاریک ] з а т . *Бүтіннің төрттен бір бөлігі.*
**Ширегіне келмейді [татымайды, тұрмайды].** *Тырнағына тұрмайды, тең келмейді.* **Ширек ғасыр.** *Бір ғасырдың төрттен бірі, жиырма бес жыл.* **Ширек күн.** тар. *Күнның төрттен бірі.* **Ширек финал.** с п о р т . *Командалардың біріншілік үшін өтетін спорт ойындарының жартылай финал алдындағы кездесуі.*
**ШИРЕКТЕГІШ** з а т . *Кеннен алынған сынама ұнтағын төртке бөлетін құрылғы.*
**ШИРЕКТЕУ** з а т . к е н . *Кеннен алынған сынаманы өңдеу кезінде оның бастапқы массасын қысқартуға қолданылатын әдіс.*
**ШИРЕКФИНАЛДЫҚ** с ы н . с п о р т . *Жартылай финалға шығатындарды анықтайтын.*
**Ширекфиналдық жекпе-жек.** с п о р т . *Боксsucc осы бәсекенің нәтижесінде жартылай финалға шығатындар яки жарыстың жүлдегерлері анықталады.*
**ШИРИНИ** з а т . ж е р г . *Шекер қосқан бауырсақ.*
**ШИРЫҒУ** *Ширық етістігінің қимыл атауы; шыңдалу.*
**ШИРЫҒЫҢҚЫРА=** е т. *Ширыға түсіңкіреу.*
**ШИРЫҒЫҢҚЫРАУ** *Ширығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРЫҒЫС=** е т. *Ширығу, шыңдалу.*
**ШИРЫҒЫСУ** *Ширығыс етістігінің қимыл атауы.*
**ШИРЫҚ=** е т. **1.** *Бұратылу, ширатылу, шиыршықталу.* **2.** а у ы с . *Шымырлану, шыңдалу.* **3.** *Тыпыршу, тықыршу.* **4.** *Қатулану, ыза болу, терісіне сыймау.*
**ШИРЫҚТЫР=** е т. **1.** *Шыңдай түсу, шираттыру, қажырландыру.* **2.** а у ы с . *Күшейту, үдету.*
**ШИРЫҚТЫРУ** *Ширықтыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШИСАБАҚ**: **шисабақ қоңырбас.** ө с. *Мал азығы ретінде пайдаланылатын көпжылдық шөптесін өсімдіктің түрі.*
**ШИТАЗЫ** з а т . э т н . *Шоқтығы мен бөксе жағының биіктігі бірдей, өте шапшаң, ұшқыр, сүйегі жеңіл, нәзік келетін дала тазысы.*

**ШИТАРЫ** зат. өс. <лат. eragrostis> *Парсышайыр (тау етектерінде, шөл-шөлейтті, сортаңды, тұзды жерлерде, құмды далаларда өсетін астық тұқымдасына жататын, биіктігі 30-100 см-дей, малазықтық көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ШИТИ=** ет. сөйл. ***Шиди.***

**ШИТИЮ** *Шити етістігінің қимыл атауы.*

**ШИТКУ** *Шиткі етістігінің қимыл атауы.*

**ШИТКІ=** ет. жерг. *Бір нәрсені көңілге алу, ренжу, өкпелеу.*

**ШИТКІТ=** ет. *Ренжіту, өкпелету.*

**ШИТКІТУ** *Шиткіт етістігінің қимыл атауы.*

**ШИТТЕЙ** сын. *Кішкентай, азғантай.*

**ШИТҰМСЫҚ: шитұмсық шалшықшы.** <лат. numenius tenuirostris> *Кіші шалшықшы (татреңтәрізділер отрядына, тауқұдірет тұқымдасына жататын құс).*

**ШИТТІ: шитті мақта.** *Дәнінен ажырамаған шикі мақта.*

**ШИТІ**[1] зат. **1.** көне. *Ерте кездерде болған, ұңғысы ұзын, екі таянышы (сирағы) бар білтелі мылтық.* **2.** *Әдеттегі мылтықтарға қарағанда ұңғысы тар кіші колибрлі мылтық.*

**Шиті мылтық.** көне. *Негізінен аңшылар аң аулауда қолданатын, аузынан оқталып, білтемен от алатын сиракты мылтық.*

**ШИТІ**[2] зат. кәс. *Мақтаның ұрық шашатын тұқымы, дәні.*

**ШИТІРСЕК** сын. *Аяғы шидей.*

**ШИФА** зат. ескі кіт. ***Шипа.***

**ШИФЕР** [нем. Schiefer] зат. құр. *Табиғи тақтатасты, кейде құмтасты қыздыру арқылы алынатын, цемент пен асбестік лайдан қысым арқылы жаныштап жасалған шағын тақта түріндегі жабындық материал; шатыр жабуға пайдаланылатын жасанды құрылыс материалы.*

**ШИФЕРЛЕ=** ет. *Үй-жайдың шатырын шифермен жабу.*

**ШИФЕРЛЕН=** ет. *Шифер жабылу.*

**ШИФЕРЛЕНУ** *Шиферлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШИФЕРЛЕУ** *Шиферле етістігінің қимыл атауы.*

**ШИФЕРЛІ** сын. *Шатыры шиферленген, шифермен жабылған.*

**ШИФОН** зат. тоқыма. *Жұқа, жұмсақ, жібек мата.*

**ШИФОНЬЕР** [франц. chiffonnier] зат. *Киім-кешек ілетін, салатын, көптеген жәшікшелері бар шкаф.*

**ШИФР** [франц. chiffre] зат. кіт. **1.** *Құпиялау үшін бас әріптерден немесе жеке сөздерден, не сандардан тұратын шартты белгі; құпия хабарласуға арналған шартты әліппе.* **2.** *Кітапханалардағы кітаптарға, қолжазбаларға т.б. қойылатын шартты тіркеу белгілері.*

**ШИФРАТОР** [франц. chiffre] зат. кіт. **1.** *Сигналды кодтауға арналған құрылғы.* **2.** әск. *Импульстерді кодтауға (шифрлауға), яғни берілетін пәрмендерді (мыс, ракетаға) шартты белгілерге (сигналдарға) айналдыратын телебасқарушы және телеөлшегіш қондырғылардың тасымалдаушы негізгі блоктарының бірі.*

**ШИФРЛА=** ет. кіт. **1.** *Шифр белгілерін қою.* **2.** *Берілетін ақпаратты бөгде адамға түсініксіз болатындай ету (кодтау).*

**ШИФРЛАН=** ет. *Шифр белгілері қойылу.*

**ШИФРЛАНУ** *Шифрлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШИФРЛАУ** *Шифрла етістігінің қимыл атауы.*

**ШИФРЛАУШЫ** зат. инф. <ағыл. encoder, encipherer> **1.** *Кодтау принциптерін өзгерту арқылы ақпаратты ұсыну сипатын өзгертетін құрылғы.* **2.** *Кірістік сигналдарды түрлендіретін компьютер блогы.* **3.** *Ақпаратты автоматты түрде шифрлауға арналған құрылғы.*

**ШИФРЛЕУ** зат. экон. ***Мұқамдау.***

**ШИФРЛЫ** сын. *Құпия белгісі бар.*

**ШИФТ-ПОНГ** зат. спорт. *Бокста қарсыласы сол қолымен қатты ұруды ойластырған кезде, жекпе-жектегі тұрыстың бұрынғы қалпын оң қапталға ауыстыру тәсілі.*

**ШИХТА** [нем. Schicht] зат. тех. **1.** *Жоғары сапалы металл алу үшін балқыту пешіне салынатын арнайы қоспа.* **2.** *Кокс алу үшін пайдаланатын көмірлер қоспасы.*

**ШИХТАЛА=** ет. *Балқыту пешіне шихта салу.*

**ШИХТАЛАУ** *Шихтала етістігінің қимыл атауы.*

**ШИХТАЛЫҚ** сын. *Шихтаның орнына жүретін, шихта боларлық.*

**ШИХТАШЫ** зат. *Шихта дайындаушы маман.*

**ШИША**[1] [ир. شیشه ] зат. *Керосин шамның жалын тартатын төменгі жағы, бүйірлі шыны түтікшесі.*

**ШИША**[2] зат. **1.** *Әйнек.* **2.** *Сұйық зат құю үшін арнайы жасалған шыны ыдыс; бөтелке. // Арақ-шарап.*

**ШИШАЛА=** ет. *Бірнеше шишасымен ішу.*

**ШИШАЛАУ** *Шишала етістігінің қимыл атауы.*

**ШИШАЛЫ** сын. *Шишасы бар, шынылы (шам).*

**ШИШМА** [ир. چشمه ] зат. *Қайнар көз, бұлақ.*

**ШИШМАДАЙ** сын. *Шишма сияқты, шишма тәрізді.*

**ШИ-ШЫҚПЫТ** зат. *Шиі аралас өскен бұталар.*

**ШИЫҚ** елік. *Екі қатты зат үйкелгенде шығатын созылыңқы дыбысты, құстардың шиқылын, немесе соған ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

**Шиық етті.** *Шиық-шиық етіп дыбыс шығарды, шиқылдады.*

**ШИЫҚ-ШИЫҚ** елік. *Екі қатты зат үйкелгенде шығатын созылыңқы жіңішке қайталанған дыбысты, құстардың қайталаған шиқылын немесе т.б. осы сияқты қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Шиық-шиық етті.** *Шиық еткен үн, дыбыс әлсін-әлсін қайталанды.*

**ШИЫР**[1] зат. *Мал түспеген, жайылмаған тың жер.*

**ШИЫР**[2] зат. **1.** *Малдың, аңның т.б. жүрген жерінде қалған айқыш-ұйқыш ізі. // Айқыш-ұйқыш, қым-қиғаш, шытырман.* **2.** ауыс. *Шым-шытырық, шытырман іс.*

**ШИЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсені шиырлап бұрау, есу.* **2.** *Асық, ұршық сияқты нәрселерді шыр айналдырып жіберу, иіру.* **3.** сөйл. ***Шиырла.***

**ШИЫРЛА=** ет. *Айқыш-ұйқыш, қым-қиғаш етіп әрлі-берлі із тастау.*

**ШИЫРЛАН=** ет. **1.** *Айқыш-ұйқыш болып, қым-қиғашталып із қалу.* **2.** ауыс. *Айқыш-ұйқыш етіп жазылу, шимақталу.*

**ШИЫРЛАНУ** *Шиырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРЛАС=** ет. *Айқасу, қиысу.*

**ШИЫРЛАСУ** *Шиырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРЛАТ=** ет. *Айқыш-ұйқыш етіп, қым-қиғаштатып із қалдырту.*

**ШИЫРЛАТУ** *Шиырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРЛАУ**[1] зат. *Топырақтың жоғарғы қабаты тығыздалып, биік өсімдіктер бүктеліп жаншылатын өте күшті антропогендік фактор.*

**ШИЫРЛАУ**[2] *Шиырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРЛЫ** сын. *Шұбырынды, шиырланған.*

**ШИЫРТПАҚ** сын. *Қатты бұралып оралған, ширатылған. // Айқыш-ұйқышталған сызық.*

**ШИЫРУ**[1] зат. спорт. *Бадминтон ойынында қалақшаның бет және сырт жағымен керме тордың шетін жанай төмен ұшып келе жатқан қауырсынды өзінің жазық осінен айналдырып шиырып ұру тәсілі.*

**ШИЫРУ**[2] *Шиыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚ** зат. *Шиыршықталып оралған нәрсе.*

**Шиыршық атты.** а) *Тыпыршып бір орында тұрмады, жұлқынып тықыршыды.* ә) *Қайраттанды, қатуланды, бекінді.* б) *Ызаланды, ыза кернеді, мазасы кетті.*

**ШИЫРШЫҚТА=** ет. **1.** *Жүнді немесе бір нәрсені ширату, бұрау, есу.* **2.** *Бір шетін қайырып, дөңгелете орау.*

**ШИЫРШЫҚТАЛ=** ет. *Шеті қайырыла, дөңгелете оралу.*

**ШИЫРШЫҚТАЛУ** *Шиыршықтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚТАН=** ет. **1.** *Ширатылу, керілу.* **2.** ауыс. *Қайраттану, қатулану.*

**ШИЫРШЫҚТАНДЫР=** ет. *Шираттыру, дөңгелектендіріп орау.*

**ШИЫРШЫҚТАНДЫРУ** *Шиыршықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚТАНУ** *Шиыршықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚТАТ=** ет. *Шиыршық еткізу, ширату.*

**ШИЫРШЫҚТАТУ** *Шиыршықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚТАУ** *Шиыршықта етістігінің қимыл атауы.*

**ШИЫРШЫҚТАУЛЫ** сын. *Білемделіп, ширатылып оралған.*

**ШИЫРШЫҚТЫ** сын. *Ширатылған, оралған.*

**ШИЫР-ШЫРҒАЛАҢ** зат. *Қиыр-шиыр жол, із, т.б.*

**ШИЫРЫҚ** зат. ***Шиыр***[2]***.***

**ШИЕН** зат. сөйл. ***Шиен.***

**ШИІН** зат. өс. *Күрмектің бір түрі, күріш егістігінде өсетін аса зиянды арамшөп.*

**ШИІТ** зат. *Мақтаның дәні, тұқымы.*

**ШИІТТЕ=** ет. *Мақтаны шиітінен, дәнінен айыру, тазалау.*

**ШИІТТЕУ** *Шиітте етістігінің қимыл атауы.*

**ШИІТТЕУІШ** зат. тех. *Мақта тазалағыш мәшине.*

**ШИІТТІ** сын. *Шиіті бар, шиітінен арылмаған (мақта).*

**ШКАЛА** [лат. scala] зат. тех. *Әртүрлі өлшеу аспаптарының бетінде көрсетілген өлшем сызықшалар.*

**ШКАТУЛКА** ор. зат. *Кішкене қобдиша.*

**ШКАФ** зат. **1.** *Ішіне түрлі зат салынатын, есігі, текшелері бар үй мүлкі.* **2.** *Кептіруге, дайындауға арналған және т.б мақсаттарға пайдаланылатын, жабылатын қорап тәрізді арнайы құрылғы.*

**ШКАФША** үст. *Кішігірім шкаф сияқты.*

**ШКВАЛ** [ағыл. squall] зат. геогр. *Қысқа уақыттың ішінде бағыты кенеттен өзгеріп, ұйтқи соғатын өте күшті жел.*

**ШКИВ** [голл. schijf] зат. тех. *Сыртына түйықталған белдік (не сым арқан) кигізілетін құрсаулы доңғалақ түріндегі, диаметрі әртүрлі таспалы беріліс бөлшегі.*

**ШКИПЕР** [голл. schipper] зат. навиг. **1.** *Жүк таситын коммерциялық кеменің капитаны.* **2.** *Теңіз кемелерінде палуба мүлкіне жауапты адам.*

**ШЛАГБАУМ** [нем. Schlagbaum, Schlag – соққы, жабылып қалу, Baum – ағаш, бөрене] зат. көлік. *Теміржол мен басқа жолдардың түйіскен жеріне қойылатын теміржол өтпесі арқылы өтетін жаяу адамдар мен көлік түрлерін пойыз өткенше тоқтата тұратын сырғауыл түріндегі бөгесін.*

**ШЛАК** [нем. Schlacke] зат. тех. *Кен қорытпасынан, тасқөмірді жаққаннан кейін қалатын қалдық, қоқыс.*

**ШЛАКБЕТОН** зат. құр. *Толтырғыш отын не домна шлағы болатын жеңіл бетонның бір түрі.*

**ШЛАКТАН=** ет. *Қоқыстану, қалдыққа айналу.*

**ШЛАКТАНУ** *Шлактан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЛАКТЫ** сын. *Шлак аралас, шлак қосылған.*

**ШЛАМ** [нем. Schlamm] зат. кен. **1.** *Кенді бұрғылау кезінде ұнтақталып шыққан өнім (тау жынысы, тұнба).* **2.** *Мысты, мырышты және т.б. металдарды электролиздеу кезінде тұнбаға ту-*

*сетін, әдетте, құрамында асыл металдар болатын ұнтақ тәрізді өнім.* **3.** *Сұйықтықты тұндырған не сүзген кезде қалатын тұнба.* **4.** *Пайдалы қазылымдарды байыту кезінде көмірдің не рудaның судағы тұнбасы не жұқа жүзгісі.*

**ШЛАНГ** [нем. Schlange] зат. тех. *Ішінен сұйық зат не газ жүретін резеңке түтік.*

**ШЛАНГІЛІ** сын. *Шлангісі бар, шлангі бекітілген.*

**Шлангілі тереңдік сорғы.** кен. *Бұрғылау ұңғымаларынан сұйықтықтарды тартуға арналған тікелей іс-әрекетті, өтпе плунжерлік сорғы.*

**ШЛЕЙФ** [нем. Schleppe] зат. **1.** геол. *Тау жоталары етегінде сырынды конустардың бірімен-бірінің қосылуынан пайда болған ұсатылған тау жыныстарының белдеуі.* **2.** кәс. *Егістік жердің бетін тегістейтін құрал, сүйретпе.*

**ШЛЕМ** зат. ***Дулыға*** *(жаяу, атты әскерлер, ұшқыштар, танкистер киетін арнаулы баскиім).*

**ШЛЕМ-ДИСПЛЕЙ** [ағыл. head-mounted display] зат. инф. *Адамның басына бекітілетін үшөлшемді дисплейі, құлақ аспаптары мен бағдарды, орынды анықтау құралы бар құрылғы; басқа киілетін дисплей.*

**ШЛЕМОФОН** зат. әск. *Дауыс арқылы қатынас жасау үшін ыңғайланған қондырғысы бар ұшқыш, ғарышкер, танкистердің дулығасы.*

**ШЛИР** зат. геол. *Интрузиялық тау жыныстарында құрылымдық, құрамдық немесе құрамындағы минералдары арқылы ерекшеленетін минералдық түзілімдер.*

**ШЛИРЛІК** сын. геол. *Шлирге қатысты.*

**Шлирлік бітім.** *Минералдық құрамымен не түйірлерінің ірілігімен оқшауланатын бөліктері бар таужыныстың бітімі.*

**ШЛИФ** [нем. Schliff] зат. геол. *Тау жыныстарының, минералдарының, қазба көмірлердің микроскоп арқылы зерттеуге арналған аса жұқа пластинкасы.*

**ШЛЮЗ**[1] [голл. sluis] зат. сушар. **1.** *Судың деңгейін көтеру үшін өзенге, каналға орнатылатын арнайы тоспалы құрылыс.* **2.** *Су бөгеттеріндегі артық суды ағызып жіберуге арналған шлюз.*

**ШЛЮЗ**[2] зат. инф. *Әртүрлі хаттамалары бар желілердің немесе компьютерлердің өзара байланысуын қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешен (құрылғы); желіаралық тоған.*

**ШЛЮЗДЕ=** ет. *Канал, өзен бойларындағы суды ағызып, көбейтіп тұратын құрылыс жасау.*

**ШЛЮЗДЕУ** *Шлюзде етістігінің қимыл атауы.*

**ШЛЮЗКАМЕРА** зат. навиг. *Кемелерді бір су деңгейінен екіншісіне көтеріп немесе су деңгейімен төмен түсіріп (камераға су жинап немесе суды ағызып) бір бьефтен екінші бьефке көтеріп-түсіруге арналған гидротехникалық кеме тасымалдаушы құрылыс.*

**ШЛЮПКА** [голл. sloep] зат. көлік. *Кең әрі берік корпусы бар қайық.*

**ШЛЯГЕР** [нем. Schlager] зат. *Модадағы эстрадалық ән, әуен.*

**ШЛЯХТА** [пол. szlachta] зат. тар. *Поляктардағы ұсақ дворяндық.*

**ШМАЛЬТА** зат. хим. *Қара көк түс беру үшін құрамына кобальт қосылысы араласқан шынының ұнтағы.*

**ШНИЦЕЛЬ** [нем. Schnitzel] зат. тамақ. *Жаншылған еттен жасалған жалпақтау дөңгелек котлет.*

**ШНУР** зат. ***Бау*** *(телефон, радио т.б. нәрселердің бауы).*

**ШОБЫР** зат. *Мініске, күш көлікке өте мықты келетін шабан ат. // Қарабайыр, көнбіс (адам).*

**ШОВИНИЗМ** [франц. chauvinisme] зат. саяси. *Басқа халықтарды өзіне бағындыруға және оларды езгіде, қанауда ұстауға, халықтар арасында ұлт араздығы мен өшпенділікті қоздыруға бағытталған озбырлық саясат.*

**ШОВИНИСТ** зат. *Шовинизм саясатын жақтаушы.*

**ШОВИНИСТІК** сын. *Шовинизмге тән, шовинизмге қатысты.*

**ШОГАН-ОБЛИГАЦИЯ** зат. экон. *Атаулы құны бағамен көрсетілмеген, бірақ шетелдік эмитент Жапонияға шығарған, жапон қор биржасында сатылатын облигация.*

**ШОҒАЙ** зат. сөйл. ***Шоңайна.***

**ШОҒАЙНА**[1] зат. сөйл. ***Шоңайна.***

**ШОҒАЙНА**[2] зат. жерг. *Ұсақ шабақ.*

**ШОҒАЛ**[1] зат. өс. *Балдырған тәрізді өсімдік.*

**ШОҒАЛ**[2] зат. жерг. **1.** *Қорқау қасқыр.* **2.** ауыс. *Әзәзіл, сұқыр.*

**ШОҒАН** зат. бот. *Кебіртек, қиыршық тасты беткейлерде және шөлейт құмдарда өсетін биіктігі 2,5–3 метр бұта.*

**ШОҒЫЛ=** ет. *Бір жерге жиналу, шоғырлану, топтану.*

**ШОҒЫЛУ** *Шоғыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫЛЫС=** ет. *Жиналысу, шоғырласу.*

**ШОҒЫЛЫСУ** *Шоғылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫР** зат. **1.** *Қалың топ, жиын, жиынтық.* **2.** ауыс. *Шоқтығы биік тұлғалар.* **3.** биол. <лат. colonia> *Бір немесе бірнеше түрдің бірігіп тіршілік етіп, бірақ өз беттерінше жеке тіршілік ете алатын, кейде түрлі қызмет атқаратын (мыс., пингвиндердің «балабақшалары») немесе тіпті бір ағзаның жеке мүшесі (кейбір маржандар) ретінде бірігіп қоректенетін, жыртқыштардан топтанып қорғанатын тобы.* **4.** геол. *Жер қыртысы айналасындағы қоршаған таужыныстардан айқын шектелген пайдалы қазылымдар топтамасы.* **5.** хим. *Периодтық жүйеде бір-ақ орын алатын элементтер тобы, басқаша айтқанда, бір элементтің изотоптарының жиыны.*

**ШОҒЫРГҮЛ** зат. өс. *Сабының бойы биік, гүлінің түсі ақ, қызғылт, сары, күлгін болатын, жаз бойы гүлдейтін, ірі гүлді, хош иісті үй өсімдігі.*

**ШОҒЫРҚҰРЫЛЫМДЫ: шоғыр-құрылымды көбік.** кен. *Қабаты жұқалау, ірі түйіршіктер көптеген көпіршіктермен тұрақты қоршалған, суы аз көбік.*

**ШОҒЫРЛА=** ет. *Бір жерге топтау, жинау.*

**ШОҒЫРЛАҒЫШ** зат. тех. ***Аккумулятор.***

**ШОҒЫРЛАН=** ет. *Бір жерге жиналу, топталу.*

**ШОҒЫРЛАНБАЛЫ** сын. *Топталып жиналатын.*

**ШОҒЫРЛАНДЫР=** ет. *Жинақтау, топтандыру.*

**ШОҒЫРЛАНДЫРМА: шоғырландырма әртараптандыру**. экон. *Бұрыннан бар тауарларға қосымша түрде жаңа тауарлар шығару арқылы тауарлардың түр-түрін кеңейту.*

**ШОҒЫРЛАНДЫРУ** *Шоғырландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шоғыр жасау, жинақтау, топтандыру.* **2.** ауыс. *Ұйыстыру, топтастыру.*

**Шоғырландыру ауданы.** әск. *Әскерлер шоғырланатын, орналасатын аймақ.*

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛ=** ет. **1.** *Топтандырылу, шоғыр жасап жинаттырылу.* **2.** *Бір жерге топтастырылу.*

**Шоғырландырылған атыс.** әск. а) *Артиллерияда бірнеше батарея мен дивизионның бір нысанаға немесе бір топ нысанаға атысы.* ә) *Ату құралдарының – бірнеше пулеметтің, бір немесе бірнеше бөлімшенің бір нысанаға немесе қарсылас шебінің бір бөлігін атуы.* **Шоғырландырылған баланс**. қаржы. *Басты (негізгі) шаруашылық серіктестігінің, еншілес және тәуелді серіктестіктердің қызметінің қаржы нәтижелері туралы жиынтық бухгалтерлік есептеме.*

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУ** *Шоғырландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫРЛАНУ** *Шоғырлан етістігінің қимыл атауы.*

**Шоғырлану ауданы.** әск. *Белгілі бір ұрыс міндеттерін орындауға арналған немесе оны орындағаннан кейін әскердің жиналуына арналған аудан.* **Шоғырлану көкжиегі**. *Карьердегі жартылай тұрақты елек-ұсақтағыш жабдықтардың орналасқан горизонты.* **Шоғырлану саны.** хим. а) *Кристалдағы берілген бөлшекке жақын орналасқан атомдар немесе иондар саны.* ә) *Кешен түзушімен тікелей байланысқан атомдар саны.*

**ШОҒЫРЛАС=** ет. *Топтасу, шоғыр құрысу.*

**ШОҒЫРЛАСУ** *Шоғырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫРЛАУ** *Шоғырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫРЛАУЫШ** зат. инф. <ағыл. concentrator> **1.** *Бірнеше байланыс каналдарын жиіліктік ажырату жолымен ауыстырып қосатын құрылғы.* **2.** *Қашықта орналасқан есептеу орталығы мен пайдаланушылар арасындағы байланыс арнасы арқылы мәліметтер тасымалдайтын автоматтық жүйенің құрамындағы арнаулы компьютер.*

**Шоғырлауыш сервер.** инф. <ағыл. hub server> *Модуль түрінде шоғырлауыш үшін жасалған сервер.*

**ШОҒЫРЛЫ** сын. **1.** *Топтаулы, жинақталған.* **2.** *Шоғыр болып, шоқтанып өсетін.*

**ШОҒЫРЛЫҚ** зат. *Жинақтылық, топтасушылық.*

**ШОҒЫРМАҚ**[1] зат. *Топ, шоғыр, жиын.*

**ШОҒЫРМАҚ**[2] зат. кен. *Балқыту жұмысының дұрыс жүрмеуі немесе шикіқұрамның оттөзімді шегендермен қолайсыз әрекеттесуі салдарынан балқыту пештерінің ішкі қабырғаларында пайда болатын, қиын балқитын масса.*

**ШОҒЫРМАҚТА=** ет. *Шоғыр-шоғыр етіп топтау, шоғырлап жинау.*

**ШОҒЫРМАҚТАЛ=** ет. *Шоғыр етіп топталу.*

**ШОҒЫРМАҚТАЛУ** *Шоғырмақтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫРМАҚТАН=** ет. *Шоғырлану, жиналу.*

**ШОҒЫРМАҚТАНУ** *Шоғырмақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҒЫРШАҚТАР** зат. өс. <лат. mollugo> *Жапырақтары ұзынша, сабақ буындарына шоғыр тәрізді орналасқан, гүлшоғыры жапырақша, жемісі – қауашақ, тұқымы ұсақ, қара-қоңыр түсті болып келетін бір жылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*

**ШОДЫР** зат. *Ісік, томпақ.*

**Шодыр мінез.** *Шырт етпе, дөкір (мінез).*

**ШОДЫРАЙ=** ет. *Сыртқа қарай томпиып шығу, бұлтиып тұру.*

**ШОДЫРАЙТ=** ет. *Томпайту, бұлтиту.*

**ШОДЫРАЙТУ** *Шодырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОДЫРАЮ** *Шодырай етістігінің қимыл атауы.*

**ШОДЫРЛАУ** сын. *Шатақ мінезділеу, содырлау.*

**ШОДЫРЛЫҚ** зат. *Содырлық, тентектік, сойқандық.*

**ШОДЫРМАҚ** зат. бот. *Қарағай шекілдеуігі.*

**ШОЙ** сын. *Орасан зор, дәу, үлкен.*

**Шой [шойын] қара.** *Былшиған, дөңкиген қара.*

**ШОЙБАЛҒА** зат. *Балғаның үлкен, салмақты түрі.*

**ШОЙДАЙ** сын. **1.** *Шойын қазандай, мықты, берік.* **2.** *Еңгезердей, үлкен, дәу.*

**ШОЙҚАЙ=** ет. *Аяқкиім өкшесінің желініп қисаюы, мыжыраю.*

**ШОЙҚАЙТ=** ет. *Қисайту, мыжырайту.*

**ШОЙҚАЙТУ** *Шойқайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЙҚАҚТА=** ет. *Шойқаң-шойқаң етіп ақсаңдау.*

**ШОЙҚАҚТАТҚЫЗ=** ет. *Шойқаң етіп ақсаңдату.*

**ШОҚАҚТАТҚЫЗУ** *Шоқақтатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЙҚАҚТАТУ** *Шойқақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЙҚАҚТАУ** *Шойқақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЙҚАЛАҢДА=** ет. *Шойқаң-шойқаң ету.*
**ШОЙҚАЛАҢДАУ** *Шойқалаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚАҢ** елік. *Қисаң қаққан қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*
**Шойқаң етті.** *Қисаң ете қалды.*
**ШОЙҚАҢДА=** ет. *Шойқаң-шойқаң ету, ақсаңдау.*
**ШОЙҚАҢДАТ=** ет. *Шойқақтату, ақсаңдату.*
**ШОЙҚАҢДАТУ** *Шойқаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚАҢДАУ** *Шойқаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚАҢ-ШОЙҚАҢ** елік. *Қисаң қаққан қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*
**Шойқаң-шойқаң етті.** *Ақсаң-ақсаң етіп, аяқты сылтып басты.*
**ШОЙҚАЮ** *Шойқай етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚИ=** ет. **1.** *Қисаю, қиқаю, мыжыраю.* **2.** *Шоңқиып отыру (жануарларға қатысты).*
**ШОЙҚИМА** сын. *Шоңқиып қалған, қисық.*
**ШОЙҚИТ=** ет. *Қисайту, мыжырайту.*
**ШОЙҚИТУ** *Шойқит етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚИЮ** *Шойқи етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙҚЫ** сын. сөйл. *Қисық-қыңыр.*
**ШОЙНАҚ** сын. *Бір аяғы бір аяғынан қысқа; ақсақ.*
**ШОЙНАҢ** елік. *Ақсаңдаған жүрістегі қысқа қимылды бейнелейтін сөз // Ақсаңдап жүретін, ақсақ.*
**Шойнаң етті [қақты].** *Қисаң етті, аяғын ақсаңдап басты, шойнаңдады.*
**ШОЙНАҢДА=** ет. *Шойнаң-шойнаң ету, ақсаңдау.*
**ШОЙНАҢДАТ=** ет. *Шойнаң-шойнаң еткізу, ақсаңдату.*
**ШОЙНАҢДАТТЫР=** ет. *Шойнаң-шойнаң еткіздіру, ақсаңдаттыру.*
**ШОЙНАҢДАТУ** *Шойнаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙНАҢДАУ** *Шойнаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙРАЛАҢ** елік. *Ақсаңдаған созылыңқы қимылды бейнелейтін сөз//* сөйл. *Шойнаң.*
**ШОЙРАЛАҢДА=** ет. *Қисалаң-қисалаң етіп жүру, шойнаңдау.*
**ШОЙРАЛАҢДАУ** *Шойралаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙРЫЛМА** зат. *Жылқының белінен құрт жеп, тесіліп ауыратын ауруы.*
**ШОЙТАЛАҢ** елік. ***Шойтаң.***
**ШОЙТАЛАҢДА=** ет. *Шойталаң-шойталаң ету.*
**ШОЙТАЛАҢДАУ** *Шойталаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙТАҢ** елік. *Ақсаң еткен қысқа қимылды бейнелейтін сөз// Ақсаң-ақсаң еткен, шойталаң.*
**ШОЙТАҢДА=** ет. *Шойтаң-шойтаң ету, шойталаңдау.*
**ШОЙТАҢДАУ** *Шойтаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙТАС** зат. кен. *Пайдалы қазылымның не таужыныстың мөлшер жағынан кондициялықтан асып түсетін кесегі.*
**ШОЙЫН** зат. металлург. *Көміртегін, белгілі бір мөлшерде марганец, кремний, күкірт, фосфор, басқа да элементтерді қосу арқылы алынған өте берік темір қорытпасы. // Ауыр, зор, сом.*
**ШОЙЫНДАЙ** сын. **1.** *Шойын сияқты ауыр, салмақты, зілдей.* **2.** *Шойын сияқты, қап-қара.*
**ШОЙЫНЖОЛ** зат. **1.** көне. *Теміржол.* **2.** *Шойыннан жасалып, төселген жол; рельс.*
**ШОЙЫНҚАЛЫП** зат. кен. <франц. coquille> *Балқыған металды құятын және қайталап пайдалана беруге болатын металл қалып, теміркорам.*
**ШОЙЫРЫЛ=** ет. *Белінен тұра алмай қалу, құяң болу.*
**ШОЙЫРЫЛМА** зат. *Суық тигеннен болатын сегізкөздің, белдің ауруы, құяң.*
**ШОЙЫРЫЛМАЛЫ** сын. сөйл. ***Шойырылма.***
**ШОЙЫРЫЛТ=** ет. *Майырылту, тұрғызбай тастау.*
**ШОЙЫРЫЛТУ** *Шойырылт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОЙЫРЫЛУ** *Шойырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ШОК** зат. мед. *Адам ағзасының психологиялық немесе физикалық зақымдануынан, кенеттен қатты әсер алудан болатын күй.*
**ШОКОЛАД** [нем. Schokolade] зат. **1.** *Какао ұнтағына оның дәмі мен хош иісін арттыру, сондай-ақ нәзік те қолайлы консистенция беру үшін қант, басқа қоспалар қосып қатырылған кондитерлік тәтті тағам.* **2.** *Осы тағамның ұнтағынан жасалынған тәтті сусын.*
**ШОКОЛАДАҒАШ** зат. өс. *Тропикалық аймақта өсетін, жапырақ шығармастан бұрын гүлдейтін, жемісі шоколад өндірісінде пайдаланылатын ағаш.*
**ШОҚ**[1] зат. **1.** *Жанған отынның сөнбеген қып-қызыл ыстық қалдығы.* **2.** ауыс. *Қызу, қуат.*
**Шоқ басты.** *Бірден шыр ете қалды.* **Шоқ басқандай.** *Шағып алғандай.* **Шоқ басқандай шошынды.** *Жағасын ұстады,зәре-құты қалмады.* **Шоққа отырғызды.** *Отырғызып кетті, алдады.* **Шоқ тастады [салды].** *Екі елді не екі кісіні араздастырды, біріне-бірін айдап салды.*
**ШОҚ**[2] зат. кен. *Таужыныс үңгімелерінде өте күрделі қиын жағдайда бірінің жанына бірі белгілі бір ретпен орнатылатын ағаш немесе темір діңгектер тобы.*
**Шоқ шеген.** кен. *Тазартып қазып алу қазбаларындағы үңгубет маңында кені алынған кеңістікпен шектескен жерде бұталар тәрізді бірінің жанына бірі 0,1–0,2 м қашықтықта орналасқан ағаш немесе металл тіреулер; кені алынған кеңістік төбесін реттеп отырғызу процесінде қолданылатын шегендердің бір түрі.*
**ШОҚ**[3] зат. *Бір топ, уақ күлтеленген жіп, қайыс, мата шоғыры.*
**ШОҚ**[4] сын. *Бір топ, шоқталған.*
**Шоқ ағаш.** *Жазық жерде, шоғырлана, топ-топ болып өскен ағаш.* **Шоқ гүл [гүл шоғы].** *Әдемілеп топтастырылған гүлдер.* **Шоқ қарағай.** *Көбінесе құмды топырақта өсетін, шағын аумақты қарағайлы орман.* **Шоқ мал.** *Топ-топ болып өрісте жайылып жатқан төрт түлік.* **Шоқ тоғай.** *Топталып, шоғырланып өскен тоғай.* **Шоқ төбелер.** *Жеке тұрған жатаған бұталар шоқтарының жанындағы құм үйінділері.*
**ШОҚА** зат. жерг. *Он баулық тары үйіндісі.*
**ШОҚАЙ**[1] зат. *Көн теріден бүріп жасалған жеңіл аяқ киім.*
**ШОҚАЙ**[2] зат. сөйл. *Төбе, шоқы.*
**ШОҚАЙ=** ет. сөйл. ***Шоқи.***
**ШОҚАЙЛЫ** сын. *Шоқай киген, шоқайы бар.*
**ШОҚАЙТ=** ет. сөйл. ***Шоқит.***
**ШОҚАЙТУ** *Шоқайт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАҚ** зат. *Шоқақтаған жайсыз желіс, текірек, шоқырақ.*
**ШОҚАҚТА=** ет. *Шоқақ-шоқақ ету, шоқыта желу.*
**ШОҚАҚТАТ=** ет. *Шоқырақтату, шоқыту.*
**ШОҚАҚТАТУ** *Шоқақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАҚТАУ** *Шоқақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАЛ** зат. сөйл. ***Шоңқал.***
**ШОҚАЛАҚ** сын. *Кедір-бұдыр, тегіс емес, ойлы-қырлы (жер). // Кедір-бұдырлы, ойлы-қырлы жер.*
**Шоқалақ қақты.** *Шоқырақ-шоқырақ етіп желді, секеңдеп жүрді.*
**ШОҚАЛАҚТА=** ет. *Шоқырақтап, текіректеп желу, секең-секең етіп жүру.*
**ШОҚАЛАҚТАТ=** ет. *Шоқырақтату, секектету.*
**ШОҚАЛАҚТАТУ** *Шоқалақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАЛАҚТАУ** *Шоқалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Шоқалақта.***
**ШОҚАЛДАЙ** сын. *Шоқал сияқты, шоқал тәрізді.*
**ШОҚАЛ-ШОҚПЫТ** зат. *Шоңқал, шоқы.*
**ШОҚАЛ-ШОҢҚАЙ** зат. ***Шоқы-шоқат.***
**ШОҚАҢ** елік. *Қисайып, ақсаң ете қалған жүрістің қысқа қимылын бейнелейтін сөз.*
**Шоқаң етті.** *Кенеттен ақсап, шоңқия кетті.*
**ШОҚАҢДА=** ет. *Шоқаң-шоқаң ету, қаусау.*
**ШОҚАҢДАТ=** ет. *Шоқаң-шоқаң еткізу.*
**ШОҚАҢДАТУ** *Шоқаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАҢДАУ** *Шоқаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚАТ** сын. *Шоқиып-шоқиып тұрған төбешік, қырат, қырқалар.*
**ШОҚАТТАЙ** сын. *Шоқат сияқты, шоқат тәрізді.*
**ШОҚАЮ** *Шоқай етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚБЕЛДЕУ** зат. этн. *Текті тұқымынан шыққан яки қызмет-дәрежесі үлкен, лауазымы жоғары, атақты адамдар тағатын асыл тасты белбеу.*
**ШОҚГҮЛ** зат. өс. <лат. soranthus> *Биіктігі 1 м-дей, құмды жерлерде өсетін, сабағы тік, жұмыр, ұш жағы бұтақтанған, жапырақтары жіңішке, жиектері тілімделген, гүлі майда, жасылдау түсті, сырты түкті, шатырша гүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық ірі өсімдік.*
**ШОҚЖАПЫРАҚ** зат. өс. <лат. leptunis> *Жапырақтары сабағының түбіне топтанып бітетін тау баурайларында өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ШОҚИ=** ет. **1.** *Екі тізені бүгіп, жүресінен отыру, шоқаю.* **2.** *Селтию, сексию, шошаю.*
**ШОҚИМА** зат. сөйл. *Шоқиған баскиім.*
**ШОҚИТ=** ет. **1.** *Екі тізені бүгіп, жүресінен отырғызу, шоқайту.* **2.** *Селтиту, секситу, шошайту.*
**ШОҚИТУ** *Шоқит етістігінің қимыл атауы; шоқайтып отырғызу.*
**ШОҚИЫС=** ет. *Екі тізені бүгіп, жүресінен отырысу.*
**ШОҚИЫСУ** *Шоқиыс етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚИЮ** *Шоқи етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚПАҚТАЙ** сын. сөйл. ***Тоқпақтай.***
**ШОҚПАР** зат. **1.** этн. *Ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты ағаштардан жасалатын бір басы дөңкиіп жұмыр келген, кейде басына темір немесе қорғасын құйылатын сойылдан қысқа қол қаруы; батырдың бес қаруының бірі.* **2.** ауыс. *Соққы беретін негізгі күш.*
**Шоқпар сан.** бейн. саят. *Қыран құстың жуан саны.*
**ШОҚПАРБАС** зат. өс. <лат. lagopsis> *Мәңгі жасыл болып тұратын споралы шөптесін өсімдіктер тобы.*
**Шоқпарбас плаун.** өс. *Сабағы жерге төселіп, жайыла өсетін, биіктігі 1,5 метрге жететін, сопақша келген жіңішке жапырақтарының ұшында ұзын әрі өткір ақ түсті шаш сияқты зат, ал бұтақтарының ұшында 3–4 споралы масақшалар бар, мәңгі көгеріп тұратын споралы өсімдік.*
**ШОҚПАРДАЙ** сын. **1.** *Дәу, үлкен.* **2.** ауыс. *Қалың, ұйысқан.*
**ШОҚПАРЛА=** ет. *Шоқпармен ұру, шоқпармен соғу.*
**ШОҚПАРЛАН=** ет. *Шоқпар тәрізді жұмырлану.*
**ШОҚПАРЛАНУ** *Шоқпарлан етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҚПАРЛАС=** ет. *Бір-бірін шоқпармен ұру, шоқпармен соғысу.*

**ШОҚПАРЛАСУ** *Шоқпарлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚПАРЛАУ** *Шоқпарла етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚПАРЛЫ** сын. *Шоқпары бар, шоқпар ұстаған.*

**ШОҚПАРШЫ** зат. *Шоқпармен соғысатын жауынгер, шоқпармен соғысудың шебері.*

**ШОҚПЕРНЕ** зат. инф. *Алдын ала тағайындалған келісім бойынша бір команданы немесе резиденттік бағдарламаны орындауды жылдам жүзеге асыратын перне немесе пернелер комбинациясы.*

**ШОҚПЫТ** сын. *Әбден тозығы жеткен, алба-жұлба, жырым-жырым. // Әбден тозығы жеткен бұйым, алба-жұлба киім-кешек.*

**Шоқпыт бөрік.** *Тозығы жеткен, алба-жұлба, жырым-жырым бөрік.*

**ШОҚПЫТТАН=** ет. *Шоқпыт-шоқпыт болып тозу.*

**ШОҚПЫТТАНУ** *Шоқпыттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚПЫТ-ШОҚПЫТ** сын. *Үсті-басы алба-жұлба, жыртық-жыртық, жұлым-жұлым.*

**ШОҚСАРЫ** зат. өс. <лат. bupleurum> *Шатыршағұлділер тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШОҚТА=** ет. **1.** *Бір жерге топтау, жинау.* **2.** *Шошақ қою, шошайту.*

**ШОҚТАЙ** сын. *Шоқ тәрізді, шоқ сияқты.*

**Шоқтай жанды**. *Денесі ысып, қызуы көтерілді.* **Шоқтай иірді.** *Шашау шығармай, сетінетпей, бір жерге топтап жинады.*

**ШОҚТАЛ=** ет. *Шоқ-шоқ болып топталу, үйірілу.*

**ШОҚТАЛУ** *Шоқтал етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАЛЫС=** ет. *Топталысу, жиылысу.*

**ШОҚТАЛЫСУ** *Шоқталыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАН[1]=** ет. *Шоғырлану, топтану.*

**ШОҚТАН[2]=** ет. **1.** *Жанып болып, қып-қызыл шоққа айналу.* **2.** ауыс. *Ұшқын атып от шашу, жайнау, жарқырау.*

**ШОҚТАНДЫР=** ет. *Жайнаттыру, жарқырату.*

**ШОҚТАНДЫРУ** *Шоқтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАНУ** *Шоқтан етістігінің қимыл атауы; жайнау, жарқырау.*

**ШОҚТАНЫС=** ет. *Шоғырланып топтасу.*

**ШОҚТАНЫСУ** *Шоқтаныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАС=** ет. *Топтасу, жиылысу.*

**ШОҚТАСТЫР=** ет. *Топтастыру, жиылыстыру.*

**ШОҚТАСТЫРУ** *Шоқтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАСУ** *Шоқтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАТ=** ет. *Шашақ таққызу.*

**ШОҚТАТУ** *Шоқтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТАУ** *Шоқта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТЫ[1]** сын. *Шоғы бар, отты, өткір.*

**ШОҚТЫ[2]** сын. *Шашағы бар, шашақты.*

**ШОҚТЫҚ** зат. **1.** *Малдың екі иығының түйіскен жері, басы; иықтық.* **2.** ауыс. *Таудың, төбенің ең биік жері, ұшар басы.* **3.** *Жылқының жауырын тұсындағы жотасы.*

**Шоқтығы асты.** *Мерейі үстем болды, артты.* **Шоқтығы биік.** а) *Басқалардан білім дәрежесі артық, мәртебесі жоғары.* ә) *Орны бөлек, дара, ерекше.* **Шоқтығы биіктеді.** *Мәртебесі көтерілді, мерейі үстем болды.* **Шоқтығы көтерілді.** *Мерейі үстем болды, мәртебесі артты.*

**ШОҚТЫҚТА=** ет. *Шоқтығынан тістеу, шоқтығынан ала түсу.*

**ШОҚТЫҚТАН=** ет. **1.** *Биік болып, бөлектене көріну, ерекшелену.* **2.** ауыс. *Мерейі өсу, еңсесі көтерілу.*

**ШОҚТЫҚТАНДЫР=** ет. *Бөлектендіру, ерекшелендіру.*

**ШОҚТЫҚТАНДЫРУ** *Шоқтықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТЫҚТАНУ** *Шоқтықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТЫҚТАУ** *Шоқтықта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚТЫҚТЫ** сын. **1.** *Шоқтығы шығыңқы.* **2.** ауыс. *Шоқтығы биік, ерекше.*

**ШОҚТЫРЫЛ=** ет. *Шоғырлану, топталу.*

**ШОҚТІКЕН** зат. өс. <лат. schmalhausenia> *Алатаудың альпілік, субальпілік шалғындарында, ұсақ тасты беткейлерде өсетін, биіктігі 20-50 см-дей, сабағы жуан, көп қырлы, тік, жапырақтары тілімделген, ұшы ұшкір, тікенекті, қалың түкті, гүлі күрең қызыл түсті күрделі гүлдiлер тұқымдасына жататын, көпжылдық, тікенекті өсімдік.*

**ШОҚУ** *Шоқы етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚША[1]** зат. өс. *Сыртқы пішіні – тарының басы сияқты тұп-тұп болып, ерте көктемде шығатын эфемер шөп.*

**ШОҚША[2]** сын. *Бір топ боп шоқтанған, шоғыр.* **Шоқша сақал**. *Төңірегін түзетіп, сәндеп қойған ұшкіл сақал; иекке шығатын, сүйір сақал.*

**ШОҚША[3]** үст. *Шоқ құсатып, шоқ тәрізді.*

**ШОҚШАБАС** зат. өс. *Тау беткейлерінің шалғынды жерлерінде өсетін, биіктігі 5-20 см-дей, жапырағы қалың, қауырсын тәрізді, тілімделген папоротник тұқымдас споралы өсімдік.*

**ШОҚШАКӨК** зат. өс. сөйл. ***Шоқша[1]*.**

**ШОҚШАЛА=** ет. *Жан-жағын түзетіп, сәндеп сүйірлеу.*

**ШОҚШАЛАН=** ет. *Сақалдың жан-жағы түзетіліп, сәндеп сүйірлену.*

**ШОҚШАЛАНДЫР=** ет. *Сақалдың жан-жағы түзетіліп, сәндеп сүйірлендіру.*

**ШОҚШАЛАНДЫРУ** *Шоқшаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚШАЛАНУ** *Шоқшалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚШАЛАУ[1]** сын. *Сәл шоқшаланған, сүйірлеу.*

**ШОҚШАЛАУ[2]** *Шоқшала етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚШИ=** ет. *Бір топ болып шоқталу.*

**ШОҚШИТ=** ет. *Сақалды сүйір етіп түзету.*

**ШОҚШИТУ** *Шоқшит етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚШИЮ** *Шоқши етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚ-ШОҚ[1]** сын. *Топ-топ болып шоқтанған.*

**ШОҚ-ШОҚ[2]** од. *Біреудің сәтсіздігіне қуанып, масайрау, сол керек еді деп, табалау кезінде айтылатын сөз.*

**ШОҚШҮЙКЕ** зат. өс. ***Шүйкебас.***

**ШОҚЫ** зат. **1.** *Төбенің, жотаның ең биік жері, ұшы.* **2.** геогр. *Жұмыр немесе шыңды таулар мен төбелердің жалпы атауы.* **3.** ауыс. *Қол жеткен табыстың, жетістіктің шыңы.*

**ШОҚЫ=** ет. *Құстың бір нәрсені тұмсығымен шұқып, теріп жеуі.*

**Шоқып жіберу.** саят. *Құстың өткір де ұшкір тұмсығымен тістеп алуы, қыран құстың қолға алғаш ұсталып, қамауға үйрене алмай жүрген кезінде істейтін әрекеті.*

**ШОҚЫДАЙ** сын. *Шоқы тәрізді.*

**ШОҚЫЛ=** ет. *Тұмсықпен шұқылап терілу.*

**ШОҚЫЛА=** ет. *Қайта-қайта шоқу.*

**ШОҚЫЛАН=** ет. *Шоқы болып көтерілу, биіктеу.*

**ШОҚЫЛАНУ** *Шоқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫЛАУ[1]** сын. *Биіктеу, төбешіктеу, көтеріңкі.*

**ШОҚЫЛАУ[2]** *Шоқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫЛЫ** сын. *Шоқысы бар, шоқысы көп.*

**ШОҚЫЛЫҚ: шоқылық брекчиялар.** кен. *Балшықты жанартаулар әрекеті нәтижесінде түзілетін брекчиялар.*

**ШОҚЫЛЫҚТА=** ет. *Қоқылықтап, шықылықтау.*

**ШОҚЫН=** ет. діни. **1.** *Христиан діні бойынша қолын маңдайына, екі иығына тигізіп, Құдайға сиыну.* **2.** ауыс. *Христиан дініне кіру, соны мойындау.*

**ШОҚЫНДЫ** зат. *Христиан дініне өткен, соны қабылдаған адам.*

**ШОҚЫНДЫР=** ет. діни. *Христиан діні бойынша қолын маңдайына, екі иығына тигізіп, Құдайға сиындыру.* **2.** *Христиан дініне кіргізу.*

**ШОҚЫНДЫРТ=** ет. *Христиан діні бойынша қолын маңдайына, екі иығына тигізіп, Құдайға сиындырту.*

**ШОҚЫНДЫРТУ** *Шоқындырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫНДЫРУ** *Шоқындыр етістігінің қимыл атауы; христиан дініне кіргізу.* // діни. *Христиан дінін қабылдаудағы бастапқы жоралғы, діни ғибадат.*

**ШОҚЫНДЫРЫЛ=** ет. *Христиан дініне кіргізілу, мойындатылу.*

**ШОҚЫНДЫРЫЛУ** *Шоқындырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫНТ=** ет. діни. *Христиан дініне кіріп, соны мойындату.*

**ШОҚЫНТУ** *Шоқынт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫНУ** *Шоқын етістігінің қимыл атауы; Христиан діні бойынша қолын маңдайына, екі иығына тигізіп, Құдайға сиыну.*

**ШОҚЫНШАҚ** зат. сөйл. ***Шоқынды*.**

**ШОҚЫНШЫ** сын. *Басқа дінге берілген, шоқынған.*

**ШОҚЫНШЫҚ** сын. сөйл. ***Шоқынды*.**

**ШОҚЫНЫС=** ет. *Христиан діні бойынша Құдайға сиынысу, бірге шоқыну.*

**ШОҚЫНЫСУ** *Шоқыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫР** зат. зоол. <лат. acipenser stellatus> *Еті мен уылдырығы бағалы, тұмсығы семсер тәрізді бекіре тұқымдас балық.*

**ШОҚЫРАҚ** зат. **1.** *Шоқыта жүрген жүріс, текірек.* **2.** *Шоқалақ жер.*

**ШОҚЫРАҚТА=** ет. *Қатты шаппай шоқыта, желе жүру, текіректеу.*

**ШОҚЫРАҚТАТ=** ет. *Қатты шаппай шоқыта, желдіре жүру, текіректету.*

**ШОҚЫРАҚТАТҚЫЗ=** ет. *Шоқытқызу, текіректеткізу.*

**ШОҚЫРАҚТАТУ** *Шоқырақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫРАҚТАУ** *Шоқырақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫРАҚ-ШОҚЫРАҚ** сын. *Шағыл-шағыл, шоқалақ-шоқалақ.*

**ШОҚЫС=** ет. **1.** *Бірін-бірі шоқу, бір-бірімен тұмсықтасу.* **2.** ауыс. *Бір-бірімен байланысу, ұрсу, жанжалдасу.*

**ШОҚЫСУ** *Шоқыс етістігінің қимыл атауы; бір-бірімен байланысу, ұрсу, жанжалдасу.*

**ШОҚЫТ[1]=** ет. *Құсқа тұмсығымен шұқыту, теріп жегізу.*

**ШОҚЫТ[2]=** ет. *Текіректетіп шоқырақтата желу.*

**ШОҚЫТТЫР=** ет. *Құсқа шоқытқызу, бір нәрсені шұқытып жегіздіру.*

**ШОҚЫТТЫРУ** *Шоқыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОҚЫТУ[1]** *Шоқыт[1] етістігінің қимыл атауы; құсқа тұмсығымен шұқыту, теріп жегізу.*

**ШОҚЫТУ[2]** *Шоқыт[2] етістігінің қимыл атауы; текіректетіп шоқырақтата желу.*

**ШОЛ=** ет. **1.** *Бір нәрсені қашықтан байқау, бағдарлау.* **2.** *Көз жүгіртіп қарап шығу.* **3.** *Істі, оқиғаны көз алдына келтіру, ой жүгірту.*

**ШОЛА** зат. **1.** *Біркелкі емес, оймыштанған ала-құла жер.*

**ШОЛАҚ**[1] зат. *Құйрық-жалы келте, шұнтиған жылқы.*

**ШОЛАҚ**[2] сын. **1.** *Қол не аяқтың кемтарлығы, мүгедек.* **2.** *Қысқа, ұзын емес, келте.* // *Қысқа айтылған.* **3.** *Баянсыз, мәнсіз, пәтуасыз.*

**Шолақ аяқбау.** саят. *Бүркітті қолға ұстау үшін жіліншігіне тағылатын балақбауға жалғанған баудың екінші бөлігі.* **Шолақ белсенді.** *Дәрежесі кішігірім болғанымен, асыра сілтеуші, тым белсенді адам; шаш ал десе, бас алушылар.* **Шолақ дүние.** *Тез өте шығар қысқа өмір.* **Шолақ қайырды**. *Қысқа, тез доғарды, көпке созбады.* **Шолақ сан**. *Қоян, қарсақ, түлкінің жамбассыз екі жілігі.* **Шолақ мылтық.** этн. *Мылтықтың оқпанын не дүмін кесіп қысқарту арқылы жасалған ату құралы.* **Шолақ тон**. этн. *Қысқалау келген жеңіл тон.*

**ШОЛАҚБЕЛСЕНДІЛІК** зат. *Асыра сілтеушілік.*

**ШОЛАҚЖЕҢ** сын. *Жеңін тек шынтаққа дейін ғана келтіріп тіккен, жеңіл (бешпент, камзол).*

**ШОЛАҚТАУ** сын. *Келтелеу, қысқалау.*

**ШОЛАҚТЫҚ** зат. *Келтелік, қысқалық, баянсыздық.*

**ШОЛАН**[1] зат. *Тамақ, оны-мұны сақтайтын аула ішіндегі бөлек бөлме, қойма.*

**ШОЛАН**[2]**: шолан ұрды.** этн. *Майдан ортасында не көп ішінде еркіндеп, әрі-бері жүрді; әсіресе батырлар не палуандар өзінің қарсыласын жеңіп, екіншісі шыға алмай жатқандағы қимыл-әрекет көрсетті.*

**ШОЛАСЫЗ** сын. *Аз емес, едәуір.*

**ШОЛҒЫЗ=** ет. *Бір нәрсені қашықтан байқатқызу, бағдарлату.*

**ШОЛҒЫЗУ** *Шолғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛҒЫН** зат. **1.** *Жау әрекетін шолу, барлау ісі.* **2.** әск. *Қарсылас, жергілікті жер, радиациялық және химиялық жағдайлар туралы мәлімет табу, қорғаныстағы әскерлерге тұтқиылдан шабуыл жасатпау мақсатында бөлімшелер мен бөлімдерден жіберілетін барлау органы немесе жорық қызметі.*

**Шолғын бөлімше.** әск. *Бөлімшелерден жіберілген, негізгі күштен бөлек әскери тапсырмаларды орындайтын, барлау жүргізетін әскери барлау органы, взводтан жіберілген жаяу застава немесе негізгі шолғын құрамындағы әскери күзет органы.* **Шолғын мәшинесі.** әск. *Қарсыластың тауып анықтау мақсатында жергілікті жерді, жергілікті заттарды байқап қарау үшін барлау жүргізетін, басқа да міндеттерді орындайтын бөлімшелерден жіберілетін мәшине.*

**ШОЛҒЫНДА=** ет. **1.** *Шолғынға шығу, барлау.* **2.** *Көз жүгірту, қарау.*

**ШОЛҒЫНДАУ** *Шолғында етістігінің қимыл атауы; шолғынға шығу, барлау.*

**ШОЛҒЫНШЫ** зат. *Барлаушы, шолушы.*

**Шолғыншы теке.** этн. *Бөкеннің үйірін бастаушысы ішіндегі мықты еркегі.*

**ШОЛҒЫНШЫЛЫҚ** зат. *Шолғыншы болушылық, барлаушылық.*

**ШОЛҒЫШ** сын. **1.** *Бір нәрсені байымдағыш, қарағыш.* **2.** *Шолып шыққыш, шола білетін.*

**ШОЛДЫР=** ет. **1.** *Бір нәрсені қашықтан байқаттыру, бағдарлату.* **2.** ауыс. *Көз жүгірткізу, қараттыру.*

**ШОЛДЫРУ** *Шолдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖАЙ=** ет. сөйл. ***Шолжи***.

**ШОЛЖАҚ** сын. *Ерке, шолжаң, тәйтік.*

**ШОЛЖАҚАЙ** сын. сөйл. ***Шолжақ***.

**ШОЛЖАҚТА=** ет. *Шолжаң-шолжаң ету, шолжаңдау.*

**ШОЛЖАҚТАТ=** ет. *Шолжаң-шолжаң еткізу, шолжаңдату.*

**ШОЛЖАҚТАТУ** *Шолжақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖАҚТАУ**[1] сын. *Еркелеу, шолжаңырақ.*

**ШОЛЖАҚТАУ**[2] *Шолжақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖАҚТЫҚ** зат. *Еркелік, шолжаңдық.*

**ШОЛЖАҢ** сын. экспр. *Бетімен жіберілген, ерке-тотай.*

**ШОЛЖАҢБАЙ** сын. экспр. *Ерке-тотай, шолжаң.*

**ШОЛЖАҢДА=** ет. *Шолжаң-шолжаң ету, шолжыңдау.*

**ШОЛЖАҢДАТ=** ет. *Шолжаң-шолжаң еткізу, шолжыңдату, еркелету.*

**ШОЛЖАҢДАТУ** *Шолжаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖАҢДАУ**[1] сын. *Шолжақай, ерке-тотайлау.*

**ШОЛЖАҢДАУ**[2] *Шолжаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖАҢДЫҚ** зат. *Шолжаң болып өскендік, тәйтіктік, ерке-тотайлық.*

**ШОЛЖАЮ** *Шолжай етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖИ=** ет. *Қол-аяқты созып жіберіп, сұлап жату.*

**ШОЛЖИТ=** ет. *Қол-аяқты создыртып жіберіп, сұлап жатқызу.*

**ШОЛЖИТУ** *Шолжит етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖИЮ** *Шолжи етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖЫҢ** сын. сөйл. ***Шолжаң***.

**ШОЛЖЫҢДА=** ет. сөйл. ***Шолжаңда***.

**ШОЛЖЫҢДАТ=** ет. сөйл. ***Шолжаңдат***.

**ШОЛЖЫҢДАТУ** *Шолжыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖЫҢДАУ**[1] сын. сөйл. ***Шолжаңдау***.

**ШОЛЖЫҢДАУ**[2] *Шолжыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛЖЫҢДЫҚ** зат. сөйл. ***Шолжаңдық***.

**ШОЛП** елік. *Бір нәрсенің суға, сұйықтыққа кенеттен түсіп, құлап кетуінен шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

**Шолп етті.** *Суға күмп етіп түсіп кетті.*

**ШОЛПАН**[1] зат. астр. <лат. venus (veneris)> *Күнге жақын жүретін планеталардың бірі, жарық жұлдыз.*

**ШОЛПАН**[2] зат. өс. *Күздік қарабидайдың бір сорты.*

**Шолпан шыбынжұты.** өс. *Шыбынжұттың бір түрі.*

**ШОЛПАНКЕБІС** зат. өс. <лат. cypripedium> *Сүйсіндер тұқымдасына жататын тамырсабақты көпжылдық шөптесін өсімдіктердің жалпы атауы.*

**ШОЛПАНТАРАҚ** зат. өс. <лат. scandix> *Скандикс тұқымдасына жататын өсімдіктің түрі.*

**ШОЛПАНШАШ** зат. өс. <лат. capillus veneris> *Биіктігі 10-30 см-дей келетін әсемдік өсімдік ретінде гүлзарларда өсірілетін дәрілік қасиеті бар өсімдік, сүмбіл өсімдігінің (адиантум) бір түрі.*

**ШОЛПЫ**[1] зат. зерг. *Алтын не күміс теңгелерден, қақталған алтын мен күмістен ою-өрнектеп, тізбелеп жасаған, шашқа тағатын моншақты, қоңыраулы әшекей.*

**ШОЛПЫ**[2] зат. жерг. *Сүзгі, кепсер, кәкбір, май шолпы.*

**ШОЛПЫ=** ет. сөйл. ***Шолпылда***.

**ШОЛПЫЛ** зат. **1.** *Шолп етіп судан шығатын дыбыс.* **2.** сөйл. ***Шылпыл*** (*еріндi сылп еткізуден шығатын дыбыс*).

**ШОЛПЫЛДА=** ет. *Су бетін шолп-шолп еткізу.*

**ШОЛПЫЛДАС=** ет. *Суды шолп-шолп етісу.*

**ШОЛПЫЛДАСУ** *Шолпылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Суды шолп-шолп етіп дыбыс шығарту.* **2.** сөйл. ***Шылпылдату***.

**ШОЛПЫЛДАТУ** *Шолпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛПЫЛДАУ** *Шолпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛПЫЛЫ** сын. *Шолпы таққан, шолпысы бар.*

**ШОЛТАҢ** елік. *Қысқа, шолақ нәрсенің шолтаңдап, оқыс қозғалған қимылды білдіретін сөз.*

**Шолтаң етті [қақты].** *Шолтаңдап қозғалды, шолтаң-шолтаң етті.*

**ШОЛТАҢДА=** ет. **1.** *Қысқа нәрсенің оқыс селтектеуі.* **2.** ауыс. *Теріс мінез, жағымсыз қылық көрсету.*

**ШОЛТАҢДАТ=** ет. *Оқыс селтектету, селтеңдету.*

**ШОЛТАҢДАТУ** *Шолтаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛТАҢДАУ** *Шолтаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛТАҢ-ШОЛТАҢ** елік. *Қысқа шолақ нәрсенің қайталама қозғалысын бейнелейтін сөз.*

**Шолтаң-шолтаң етті.** *Елп-елп етіп қозғалды.*

**ШОЛТИ=** ет. *Мейлінше қысқару, құнтию.*

**ШОЛТИТ=** ет. *Мейлінше қысқартып, құнтиту.*

**ШОЛТИТУ** *Шолтит етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛТИЮ** *Шолти етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЛТЫҚ: шолтық мінез.** *Шалт, шорт мінез.*

**ШОЛУ**[1] зат. кіт. *Белгілі бір оқиға я бір нәрсе жөнінде қысқаша мәлімет, баяндама.*

**ШОЛУ**[2] *Шол етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қашықтан байқау, бағдарлау.* **2.** *Көз жүгіртіп қарап шығу.*

**ШОЛУШЫ** зат. **1.** *Барлаушы, шолғыншы.* **2.** ауыс. *Байымдап қараушы, бағдарлаушы, пайымдаушы.* **3.** инф. <ағыл. browser> *Ғаламтор тұтынушыларын бағдарламалық жасақтауда – желіде бағыттау жасауға, ақпаратты іздестіру мен қарап шығуға, жеткізуге және т.б. арналған аспаптық құралдар гипермәтінді көру бағдарламасы.*

**ШОЛЫС=** ет. *Бажайлап, байқап қарасу.*

**ШОЛЫСУ** *Шолыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОМ**[1] зат. этн. *Түйенің беліне жүк батпас үшін қамыстан, қоғадан не селеуден, кейде киізден де жасалатын немесе қомдалған өркеш арасына салынатын қарапайым жондық.*

**ШОМ**[2] зат. жерг. **1.** *Үйінді.* **2.** *Өзенге, каналға су тасқынында бөгетке салатын құрылыс материалының бір түрі.*

**Шом қора.** *Қабырғасы үйіндіден көтерілген қалқа, далда.*

**ШОМ=** ет. **1.** *Судың түбіне шөгіп, көрінбей кету, бату, сіңу.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге қатты беріліп кету, ойға бату.*

**ШОМАЖ** зат. экон. *Өндірістің іркілісінен және тоқтап қалуынан болатын қаржылық залалды сақтандыру.*

**ШОМАЙ** зат. *Екі жамбас сүйектің түйіскен жері, құйымшақ.*

**ШОМАРҚАН** зат. этн. *Түйеге жүк таңу үшін екі ұшы шомға бекітілген арқан.*

**ШОМАТАЙ** зат. қарап. ***Шөметей***.

**ШОМБАЛ**[1] сын. *Ірі, үлкен, кесек, зор, алпамса.*

**Шомбал бітім.** геол. *Таужыныстың құраушы бөліктері біркелкі бағдарсыз орналасқан бітімі.* **Шомбал денелі.** *Зор, жуан.* **Шомбал жігіт.** *Денелі, төртбақ келген, мығым жігіт.*

**ШОМБАЛ**[2]**: шомбал жатын.** кен. *Құрамы жағынан біртекті немесе әртекті, бірақ мұнайды өз бойынан өткізуге қабілетті таужыныстардың(әдетте карбонатты таужыныстардың) қомақты көтерілімінен құралған тұтқыштағы көмірсутектер жатыны.*

**ШОМБАЛДА=** ет. *Домбайлап бір нәрсенің нұсқасына келтіру, дөңкиту.*

**ШОМБАЛДАЙ** сын. *Ірі, зор денелі, тұлғалы, алпамсадай.*

**ШОМБАЛДАН=** ет. *Ірілену, кесектену.*

**ШОМБАЛДАНУ** *Шомбалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОМБАЛДАУ**[1] сын. *Денесі ірілеу, жуандау.*

**ШОМБАЛДАУ**[2] *Шомбалда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОМБАЛДЫҚ** зат. *Тұтастық, жұмырлық, ірілік, кесектік.*

**ШОМБАЛТАС** зат. кен. *Таужыныстың табиғи қалпын сақтай отырып кертіліп алынған үлесі.*

**ШОМҒЫШ** сын. *Ойға, қиялға берілгіш.*

**ШОМДА[1]=** ет. *Түйеге шом салу, қомдау.*
**ШОМДА[2]=** ет. жерг. *Қамысты, қоғаны т.б. өсімдіктерді баулау.*
**ШОМДАУ** *Шомда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМДЫР=** ет. *Толғандыру, қиялдандыру.*
**ШОМДЫРТ=** ет. *Ойландырту, толғандырту.*
**ШОМДЫРТУ** *Шомдырт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМДЫРУ** *Шомдыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМП** елік. *Домалақ, дағыл заттың ұзынынан суға құмп етіп түскенде шығаратын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*
**Шомп етті [берді].** *Гүмп берді, гүмп етті.*
**ШОМПОЛ** [нем. Stempel] зат. әск. *Қарудың ұңғысын тазалау және майлау үшін қолданылатын темір.*
**ШОМПЫЛ** зат. *Сүмбі.*
**ШОМПЫЛДА=** ет. *Шомп-шомп ету.*
**ШОМУ** *Шом етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМША** зат. *Кішкене шом.*
**ШОМШЫ** зат. *Жүк тиелген түйелері бар керуен.*
**ШОМЫЛ=** ет. **1.** *Суға түсу, жуыну, шайыну.* **2.** ауыс. *Бір нәрсеге бату, малыну, бөлену.*
**ШОМЫЛДЫР=** ет. *Жуындыру, шайындыру.*
**ШОМЫЛДЫРТ=** ет. *Суға түсірту, жуындырту.*
**ШОМЫЛДЫРТУ** *Шомылдырт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМЫЛДЫРУ** *Шомылдыр етістігінің қимыл атауы; суға түсіру, жуындыру.*
**ШОМЫЛДЫРЫЛ=** ет. *Суға түсірілу, жуындырылу.*
**ШОМЫЛДЫРЫЛУ** *Шомылдырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМЫЛТ=** ет. *Суға түсірту, жуындырту.*
**ШОМЫЛТУ** *Шомылт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМЫЛУ** *Шомыл етістігінің қимыл атауы.*
**ШОМЫЛЫС** зат. *Суға шомылғандық.*
**ШОМЫР** зат. өс. <лат. raphanus> *Түбірі жеуге жарайтын, ащы дәмді, қырыққабат тұқымдасына жататын, бір не екі жылдық бақша өсімдігі.*
**Шомырдың аққөбелегі.** зоол. *Шомыр өсімдігін зақымдайтын күндізгі көбелектің түрі.*
**ШОМЫРТ** зат. өс. <лат. prunus spinosa> *Биіктігі 3–5 метр, ақ, қызыл гүлді, раушангүлділер тұқымдасына жататын, жас өркені сұр, түкті, жапырағы ұзынша келген бұта тектес өсімдік.*
**ШОМЫТ** зат. *Ескі-құсқы, шоқпыт.*
**ШОМЫТТЫ** сын. сөйл. ***Шомыт.***
**ШОНАЙ** зат. зоол. *Балықтың аталығының ұрығы.*
**ШОНАМДАЙ** сын. *Титтей.*
**ШОНДАНАЙ** зат. анат. <лат. tuber ischiadicum> *Жамбастың шодырайып тұрған шығыңқы жері.*
**ШОНЖАР** зат. этн. *Бірнеше атадан жалғасып келе жатқан би, болыс, бай, сұлтан тәрізді ел басқарушы әкімдер.*
**ШОНЖАРЛЫҚ** зат. *Шонжарға тән қасиет, үстемдік етушілік, би-болыстық.*
**ШОНТАЙ** зат. *Кішкене дорба, қалта.*
**ШОНТИ=** ет. *Шолтиып қысқару, келте болу, шұнтию.*
**ШОНТИТ=** ет. *Шолтиту, шұнтиту.*
**ШОНТИТУ** *Шонтит етістігінің қимыл атауы.*
**ШОНТИЮ** *Шонти етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢ** сын. *Үлкен, дәу, дөкей, жуан.*
**Шоң желке.** *Күжірейген жуан мойын.*
**ШОҢАЙНА** зат. **1.** *Киімге, мал үстіне жабысқыш тікенекті өсімдік.* **2.** өс. <лат. arctium> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*
**Шоңайна жүрені.** бот. <лат. aellenia subaphylla> *Биіктігі 50-120 см-дей ұзын жапырақтары кезектесіп орналасқан шала бұта.*
**ШОҢАЙНАҚ** зат. зоол. <лат. acanthis cannabina> *Тауда, таудың етегінде мекендейтін кішілеу құс.*
**ШОҢАЙНАША** үст. *Шоңайна тәрізді, шоңайнаға ұқсап, жабысып.*
**ШОҢБАС** сын. *Санасыз, қараңғы.*
**ШОҢҒАЛ[1]** зат. өс. *Жусан тәріздес шөп.*
**ШОҢҒАЛ[2]** зат. **1.** *Өзен арнасының ағысы қатты, буырқанып құлап ағатын таяз әрі жартасты телімі.* **2.** геол. *Өзен арнасының түбінде кездесетін тасты бұдырлар.*
**ШОҢҒАЛ[3]** сын. *Дөңкиіп-дөңкиіп жататын, үлкен, ірі.*
**ШОҢҚАЙ=** ет. **1.** *Арт жағын көтере алмай отырып қалу, шоңқию.* **2.** ауыс. *Алданып қалу, жер соғу.*
**ШОҢҚАЙМА[1]** зат. этн. *Қонышы тізеден аспайтын, тұмсығы ушкір, өкшесі тайқы былғары етік.*
**Шоңқайма етік.** этн. *Тұмсығы ушкір, өкшесі тайқы былғары етік.*
**ШОҢҚАЙМА[2]** зат. этн. *Түйеге шөп артудың бір тәсілі.*
**ШОҢҚАЙТ=** ет. сөйл. ***Шоңқит.***
**ШОҢҚАЙТУ** *Шоңқайт етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢҚАЛ** зат. *Биіктеу төбешік, көтеріңкі жер.*
**ШОҢҚАҢ** елік. *Қиқаң еткен қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*
**Шоңқаң етті.** *Қиқаң етіп отыра кетті, шоңқайып қалды.*
**ШОҢҚАҢДА=** ет. *Шоңқаң-шоңқаң ету, қиралаңдау.*
**ШОҢҚАҢДАУ** *Шоңқаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢҚАЮ** *Шоңқай етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢҚИ[1]=** ет. **1.** *Арт жағына қарай қисаю, қиқаю.* **2.** сөйл. ***Шоқи.***
**Шоңқиып қалды.** *Құлап қалды, жарамады.*
**ШОҢҚИТ=** ет. сөйл. *Шоқит.*
**Шоңқитып кетті.** *Жер соқтырып алдады, отырғызып кетті.*
**ШОҢҚИТУ** *Шоңқит етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢҚИЮ** *Шоңқи етістігінің қимыл атауы.*
**ШОҢҚЫ** зат. этн. *Асық, сақа иірген кезде бір жағына қисайып тұрған қалпы.*
**ШОП** зат. **1.** экон. *Қор делдалының немесе дилерінің кеңсесі.* **2.** *Дүкен.* **3.** *Өндірістік үйжай.*
**ШОПАҚ** зат. *Қауын, қарбыз, асқабақ, қияр, т.б. көкөністердің тұқымы, дәні.*
**Шопақ құрлы көрмеді.** *Көңіл бөлмеді, елемеді, ескермеді; ауырлығын, салмағын сезбеді.*
**ШОПАН** зат. *Қой бағатын кісі, қойшы.*
**Шопан таяғын ұстады.** *Қойшылық жолын қуды, ізін басты.*
**ШОПАНАТА** зат. миф. *Қазақ халқының түсінігі бойынша, қой түлігінің пірі, иесі әрі сақтаушысы.*
**ШОПАНДЫҚ** зат. *Шопан болушылық, қой бағушылық.*
**ШОП-ТУР** [ағыл. shop – дүкен, tour – саяхат] зат. экон. *Мақсаты көпшілікке арналған тауарларды сатып алып кейіннен сату үшін белгіленген маршрут бойынша ұйымдасып шетелге барып қайтатын сапар.*
**ШОП-ШОЛАҚ** сын. **1.** *Қып-қысқа, шолтиған.* **2.** *Қашық емес, өте қысқа.* **3.** *Мерзімі, уақыт жағынан өте қысқа.*
**ШОП-ШОШАҚ** сын. сөйл. *Төбесі қатты шошайған, сүйірлеу.*
**ШОПЫЛ** зат. сөйл. ***Шолпыл.***
**ШОПЫЛДА=** ет. сөйл. ***Шолпылда.***
**ШОПЫЛДАС=** ет. сөйл. ***Шөпілдес.***
**ШОПЫЛДАСУ** *Шопылдас етістігінің қимыл атауы.*
**ШОПЫЛДАТ=** ет. сөйл. ***Шөпілдет.***
**ШОПЫЛДАТУ** *Шопылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОПЫЛДАУ** *Шопылда етістігінің қимыл атауы.*
**ШОПЫР** [франц. chauffer] зат. сөйл. *Автокөлік жүргізушісі.*
**ШОПЫРЛЫҚ** сын. *Автокөлік жүргізушісін дайындайтын мамандық. // Автокөлік жүргізушісін дайындайтын. // Шопыр болушылық.*
**ШОР[1]** зат. **1.** мед. *Денедегі қатып қалған түйін, ісік, беріш.* **2.** бот. *Өсімдік ұлпаларының жергілікті өсуінен пайда болған ағаш діңі, сабағы және тамырындағы сопақтау өскен томпақ шор түзуші ұлпа.* **3.** зерг. *Былғарыға, қайысқа орнатылған алтын, күміс күмбез әшекей.*
**ШОР[2]** зат. геогр. ***Сор*** *(Орта Азия мен Қазақстандағы сазды құрғақ дала мен шөлде кездесетін, беті ақ жылтыр ойпаңдар).*
**ШОР[3]** зат. этнон. *Шығу тегі мен мәдениеті жағынан солтүстік алтайлықтар мен хакастардың кейбір этникалық топтарына жақын, түркі тілдес халық.*
**Шор тілі.** *Түркі тілдері тобына жататын шор халқының ұлттық тілі.*
**ШОРА[1]** зат. көне. *Үстем тап өкілі, ел билеген әкім, бек, мырза, шонжар.*
**ШОРА[2]** [ар. شورى] зат. *Кеңес, мәслихат.*
**ШОРА[3]: Шора алтын.** *Кесек алтын, құйма алтын.*
**ШОРАҒАЙ** зат. зоол. *Тайыз суларда мекен ететін шортан тұқымдас кішкентай балық.*
**ШОРАИСЛАМИЯ** ир. зат. діни. *Ислам кеңесі.*
**ШОРАЛЫҚ** сын. *Шораға тән өктем, асқақ, кердең; өктемдік, асқақтық.*
**ШОРАЯҚ** зат. вет. < грек. elephantiasis> *Ұзаққа созылған қабыну және лимфа ағысының баяулауы салдарынан белгілі бір органның, көбінесе аяқтың шектен тыс жуандап табиғи кейпін жоюы.*
**ШОРБУЫН** зат. мед. <грек. ankylos> *Зат алмасудың бұзылуынан буылтық-буылтық болып, қатты түйін түрінде пайда болатын созылмалы буын ауруы.*
**ШОРҚАҚ** сын. *Іске жүйрік емес, олақ, шалағай, орашолақ.*
**ШОРҚАҚТА=** ет. *Шорқақ болу, кібіртіктеу, мүдіру.*
**ШОРҚАҚТАН=** ет. *Шорқақтық жасау, орашолақтану.*
**ШОРҚАҚТАНДЫР=** ет. *Шорқақтық жасату.*
**ШОРҚАҚТАНДЫРУ** *Шорқақтандыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРҚАҚТАНУ** *Шорқақтан етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРҚАҚТАТ=** ет. *Шорқақтық жасату.*
**ШОРҚАҚТАТУ** *Шорқақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРҚАҚТАУ[1]** сын. *Жетік емес, олақтау, осалдау.*
**ШОРҚАҚТАУ[2]** *Шорқақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРҚАҚТЫҚ** зат. *Осалдық, олақтық, нашарлық.*
**ШОРЛАН=** ет. **1.** *Шор болып біту, беріштеніп, шодырайып қатып қалу.* **2.** ауыс. *Қайғыдан шерлену, шер басу.*
**ШОРЛАНДЫР=** ет. *Шор қылып беріктендіру.*
**ШОРЛАНДЫРУ** *Шорландыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРЛАНУ** зат. // бот. <лат. callus> *Өсімдіктің зақымдалған жерінде пайда болатын ұлпа; әлі ерекшеленбеген жасушалардан құралған шор дене.*
**ШОРЛАНУ** *Шорлан етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРЛАС=** ет. *Бір-біріне түйдектесу, тіркесу.*
**ШОРЛАСТЫР=** ет. *Түйдектестіру, тіркестіру.*
**ШОРЛАСТЫРУ** *Шорластыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРЛАСУ** *Шорлас етістігінің қимыл атауы.*
**ШОРЛАУ** сын. *Аздап шорланған, шор болып біткен.*

**ШОРЛЫ** сын. **1.** *Шоры бар, түйінді, берішті.* **2.** *Күмбезді етіп әшекейленген.*

**Шорлы жүзік.** көне. зерг. *Құйма жүзік.*

**ШОРМАҚ** зат. *Бір нәрсенің шор болып түйінделген жері, түйіншек.*

**ШОРМАҚТАЙ** сын. *Шормақ тәрізді.*

**ШОРСҮЙЕК** зат. вет. *Мал сүйегінің өсіп кету кеселі, сүйек тасу.*

**ШОРТ**[1] зат. экон. *Бағаны төмендету есебімен сатылған келісімшарт.*

**ШОРТ**[2] үст. *Үзілді-кесілді, біржола, бір-ақ.*

**Шорт байлады.** *Шешілмейтіндей етіп қатты таңып байлады.* **Шорт кесті.** а) *Бірден қырқып салды, бір-ақ қиып тастады.* ә) *Кенет тыйып тастады, кілт тоқтатты.* б) *Турасын айтып, үзіп тастады.* **Шорт кетті.** *Аяқасты дүрсе қоя берді, қатты ашуланды.* **Шорт мінез.** *Дүңк етпе, шалт мінез.* **Шорт сынды.** а) *Бірден опырылды, қақ бөлінді.* ә) *Кенеттен ашуланды, морт кетті.* **Шорт түйді.** *Жалын, құйрығын түйіп тастады.* **Шорт үзді.** *Кілт тоқтады, ары қарай созбады.*

**ШОРТА** зат. *Белдеме, құйымшақ, жамбас сүйек ұшеуінің ұштасқан тұсы.*

**ШОРТАН** зат. зоол. **1.** *Тұрқы ұзын, басы сопақша келген, азуы үлкен, жыртқыш балық.* <лат. esox lucius> *Албырт қатарының өзі аттас тұқымдасына жататын балық.*

**ШОРТАНДАЙ** сын. *Шортан секілді.*

**ШОРТАНДЫ** сын. *Шортаны көп, шортан мекендейтін (өзен, көл).*

**ШОРТАС** зат. этн. қолөнер. *Баскиімге қадайтын асыл тас; әкімдік дәрежені көрсететін белгі.*

**ШОРТТЫҚ** сын. экон. *Шортқа қатысты, тән.*

**Шорттық хеджерлеу.** экон. *Бағалы қағаз не тауар құнының төмендеу қатерін шектейтін не жоятын мәміле.*

**ШОРТІЗЕ** зат. вет. *Малдың тізе буынындағы ауру асқынған шақта пайда болатын қос ұыстай томпақ ісік.*

**ШОРШУ** *Шоршы етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРШЫ=** ет. *Жоғары қарай қарғу, секіру, ырғу.*

**ШОРШЫҒЫШ** сын. *Қарғығыш, шоршп бергіш, секіргіш, ырғығыш.*

**ШОРШЫЛА=** ет. *Қайта-қайта шоршу.*

**ШОРШЫЛАС=** ет. *Бірге шоршу.*

**ШОРШЫЛАСУ** *Шоршылас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРШЫЛАУ** *Шоршыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРШЫТ=** ет. *Секірту, ырғыту.*

**ШОРШЫТУ** *Шоршыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРЫ** зат. *Қызметкер әйел, үй қызметшісі, малай.*

**ШОРЫЛ** зат. *Сұйықтықтың жоғарыдан төмен қарай қатты құйылуынан, ағуынан шығатын дыбыс.*

**ШОРЫЛДА=** ет. *Шор-шор ету, сарылдау, сарқырау.*

**ШОРЫЛДАТ=** ет. *Сарылдату, сарқырату.*

**ШОРЫЛДАТУ** *Шорылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРЫЛДАУ** *Шорылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОРЫМЫҚ** зат. *Ағаштың шоғы.*

**ШОССЕ** [франц. chaussee] зат. *Қиыршық тас төселген жол немесе қатты табанды жолдың барлығы.*

**ШОТ**[1] зат. **1.** *Қысқа сапты, жүзі өткір, ағаш шабатын құрал; шапашот.* **2.** *Кетпеннің құдық, ор қазуға арналған, сабы қысқа, кішірек түрі.*

**Шот аяқ.** *Имиген, қисық аяқ.* **Шот желке.** *Желкесі күжірейген.* **Шот маңдай.** *Дөңкиген томпақ маңдай.*

**ШОТ**[2] зат. *Есепті тез шығару үшін төртбұрыштап жасалған дөңгелек тастары бар қарапайым есеп құрал; есеп-шот.*

**Шотқа салды [соқты].** *Санның есебін шот арқылы шығарды.*

**ШОТ**[3] [ор. счет] зат. экон. **1.** *Төленуге тиіс тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі көрсетілетін қаржы құжаты.* **2.** *Қаржы есептері мен міндеттемелерінің жай-күйі, қолда бар нақты ақшалай қаражат, т.б. көрсетілетін қаржы құжаты.*

**Шоттар корреспонденциясы**. *Операцияларды екі қайтара жазу, бухгалтерлік шоттарды жүргізу әдісі.* **Шоттарды оқшаулау**. қаржы. *Шетел адамының банктегі шоттарын ол үшін үкімет шараларымен жауып тастау.* **Шот шифрі.** экон. *Шот мұқамы.*

**ШОТ**[4] зат. жерг. *Есікті іштен іліп қоятын, бекітетін ілгешек, күршек.*

**ШОТАҒАШ** зат. *Бір нәрсені ілуге ыңғайлы басы имек темір құрал, шотаяқ.*

**ШОТАЛ** зат. **1.** ойын. *Әртүрлі құмар ойындардан ақша ұтқан адамнан үй иесі қызметі үшін алатын үлес.* **2.** ауыс. *Жуу пұлы, пайда, олжа.*

**ШОТАЯҚ** зат. **1.** *Бір нәрсені іліп тартып алуға ыңғайлы басы имек темір құрал.* **2.** ауыс. *Қағытпа, шымшыма сөз.*

**ШОТАЯҚТАН=** ет. *Шотаяқ сияқты болып имию, имектену.*

**ШОТАЯҚТАНУ** *Шотаяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОТЕСЕП** зат. қаржы. *Өзара есеп жүргізетін есеп қағазы.*

**ШОТЛАНДТ** зат. этнон. *Шотландияның негізгі тұрғын халқы.*

**ШОТПАҚ** сын. *Дөңкиген, томпақ.*

**ШОТТ** [ар. شط ] зат. геогр. *Жылдың көп уақытында кеуіп жататын Африканың солтүстік-батысындағы тұйық, тұзды ойпаңдар.*

**ШОТТА**[1]**=** ет. *Жерді шаппашотпен өңдеу, қопсыту, қазу.*

**ШОТТА**[2]**=** ет. *Есепті шотқа салып шығару.*

**ШОТТАЛ=** ет. *Шотқа салыну, есептелу.*

**ШОТТАЛУ** *Шоттал етістігінің қимыл атауы; есептелу.*

**ШОТТАУ** *Шотта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОТ-ФАКТУРА** зат. қаржы. *Барлық қосылған құн салығын төлеушілер үшін міндетті құжат.*

**ШОТЫР** сын. *Бетінде дағы бар.*

**ШОУ** [ағыл. show] зат. өнер. *Эстрада, цирк, спорт, джаз-оркестр, мұз айдынындағы балет жұлдыздарының қатысуымен өткізілетін ұлан-асыр сахналық ойын-сауық.*

**ШОУ-БИЗНЕС** [ағыл. show business] зат. кіт. *Сахна, өнер, эстрададағы қаржы табу мақсатын да жүргізілетін бизнестің түрі.*

**ШОУИНГ** зат. экон. *Жарнамалық бизнес термині.*

**ШОФЕР** [франц. chauffer] зат. *Автокөлік жүргізуші маман.*

**ШОФЕРЛІК** сын. *Шофер болушылық, автокөлік жүргізушілік.*

**ШОШАЙ=** ет. **1.** *Қолдың, бір нәрсенің, заттың ұш жағы селтиіп, сорайып тұру.* **2.** *Бір нәрсенің төбесі, жоғарғы жағы сүйірленіп көріну, ұшкірлену.* **3.** ауыс. *Көпшіліктен оқшауланып, оңаша шоқиып отыру.*

**ШОШАЙМА** сын. этн. *Төбесі шошайған, шоқима (баскиім).*

**ШОШАЙТ=** ет. *Селтиту, серейту.*

**ШОШАЙТҚЫЗ=** ет. *Селтиткізу, сорайтқызу.*

**ШОШАЙТҚЫЗУ** *Шошайтқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАЙТУ** *Шошайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАЙТЫЛ=** ет. *Селтитілу, сорайтылу.*

**ШОШАЙТЫЛУ** *Шошайтыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАЙТЫС=** ет. *Бір нәрсенің ұшын шығарып, селтитісу.*

**ШОШАЙТЫСУ** *Шошайтыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАҚ**[1] зат. *Маядан кіші, бір жерге үйілген он шақты шөмеле шөп.*

**ШОШАҚ**[2] сын. *Үш жағы, төбесі шошайған; сүйір.*

**Шошақ [бас] ер.** этн. *Ердің қасы шошақ болып келген түрі; қоқан ері.* **Шошақ бөрік.** этн. *Төбесі ұшкіл етіп тігілген бөріктің түрі.*

**ШОШАҚ**[3] зат. сөйл. *Бас көтерер адам, басшы.*

**ШОШАҚАЙ** сын. *Ұшып-қонған, ұшқалақ, желіктек мінезді (адам).*

**ШОШАҚАЙЛАН=** ет. *Ұшқалақтану, жеңілтектену.*

**ШОШАҚАЙЛАНУ** *Шошақайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАҚТА=** ет. *Шошақ ету, сүйірлеу.*

**ШОШАҚТАС** зат. көне. этн. *Әшекейлі қоқан ері.*

**ШОШАҚТАУ**[1] сын. *Төбесі сәл шошақ болып келген.*

**ШОШАҚТАУ**[2] *Шошақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАЛА**[1] зат. *Азық-түлік қоятын, ас пісіретін үй.*

**ШОШАЛА**[2] зат. вет. *Сиырға тиетін шанышқақ.*

**ШОШАЛАЛА=** ет. *Оқырадан сақтанып қашу.*

**ШОШАЛАЛАУ** *Шошалала етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАЛАҢДА=** ет. *Шошақ-шошақ ету, шошаңдау.*

**ШОШАҢ** елік. *Селтең етіп, шошаңдағандағы қысқа бірреттік қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шошаң етті.** *Шошаңдады, селтеңдеді.*

**ШОШАҢДА=** ет. **1.** *Шошаң-шошаң ету, селтеңдеу.* **2.** ауыс. *Ұшып-қону, жеңілтектену.*

**ШОШАҢДАС=** ет. *Шошаң-шошаң етісу.*

**ШОШАҢДАСУ** *Шошаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАҢДАТ=** ет. *Шошаң-шошаң еткізу.*

**ШОШАҢДАТУ** *Шошаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАҢДАУ** *Шошаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШАҢ-ШОШАҢ** елік. *Селтең-селтең еткен, қайта-қайта шошаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шошаң-шошаң етті.** *Селтең-селтең етті, қайта-қайта шошаңдады.*

**ШОШАЮ** *Шошай етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШИ=** ет. *Шошаю, селтию.*

**ШОШИТ=** ет. *Шошайту, шоқшиту.*

**ШОШИТУ** *Шошит етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШИЮ** *Шоши етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШҚА** зат. **1.** *Жұмыр, жуан, сирағы қысқа, айыр тұяқты, еті мұсылмандарда харам саналатын, сүтқоректі өсімтал хайуан; доңыз.* **2.** зоол. *Бітімі ірі, жұмыр, аяқтары қысқа, денесі ақ, қара, қоңыр, қызғылт түстегі қатқыл әрі сирек түкті, бас сүйегі сүйір, ұзын, төменгі жағында жер қопаратын сүйек өсіндісі бар, тұмсығы тақыр жұптұяқтылар отрядына жататын сүтқоректі жануар.* **3.** ауыс. *Надан, топас, оңбаған.*

**Шошқа жаңғағы.** бот. *Емен ағашының жемісі.* **Шошқа обасы.** вет. <лат. pestis suum> *Арнаулы сүзгіден өтетін вирус тудыратын, қауырт, жіті, жітілеу, созылмалы түрде өтетін, жіті түрінде – шошқаның ыстығы көтерілуі, төбетінен айырылу, әлсіреуі, құсуы, біресе іші қатуы, біресе іші өтуі, нәжісіне қан араласуы, танауынан қан аралас ірің сорғалауы, денесіне қып-қызыл дақтар шығу, есеңгіреп айнала беру, буаз мегежіннің іш тастауы сияқты белгілермен сипатталатын жұқпалы ауру.* **Шошқа тағаладың ба?** кекесін. *Бітірген жұмысың жоқ, не істедің деген мағынада.* **Шошқа тілмесі.** вет. *Шошқаның жұқпалы ауруы.* **Шошқа шаруашылығы.** малшар. *Етін, майын,*

*терісін және басқа да өнімдер алу үшін шошқа өсіретін мал шаруашылығының бір саласы.*

**ШОШҚАБАДАМ** зат. өс. сөйл. ***Тікенді бадам.*** *Бадам өсімдігінің бір түрі.*

**ШОШҚАБОРЫҚ** зат. мед. *Шықшыт безінің қабынып ауруы.*

**ШОШҚАДАЙ** сын. *Іркілдеген, семіз, дөңкиген дәу.*

**ШОШҚАЛАП** үст. *Ұрсып жекіп, шошқа деп балағаттап.*

**ШОШҚАЛЫ** сын. *Шошқасы көп, шошқасы мол.*

**ШОШҚАЛЫҚ** зат. **1.** *Шошқаға тән сипат.* **2.** ауыс. *Оңбағандық, топастық, аюандық.*

**ШОШҚАТІКЕН** зат. өс. *Су бойына шығатын, тікенегі инедей, мал жемейтін өсімдік, ақтікен.*

**ШОШҚАШЫ** зат. *Шошқа өсіруші, шошқа бағушы.*

**ШОШТАҢДА=** ет. экспр. *Шошаңдау, селтеңдеу.*

**ШОШТАҢДАТ=** ет. *Шошаңдату, селтеңдету.*

**ШОШТАҢДАТУ** *Шоштаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШТАҢДАУ** *Шоштаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШТИ=** ет. сөйл. *Шоши, шошай.*

**ШОШТИТ=** ет. сөйл. *Шошиту, шошайту.*

**ШОШТИТУ** *Шоштит етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШТИЮ** *Шошти етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШУ** *Шошы етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫ=** ет. **1.** *Зәресі ұшу, қатты қорқу, үрей басу.* **2.** *Үрку, секем алу, сезіктену.* **3.** *Ісіну, қабыну.*

**Шошып оянды.** *Ұйқыдағы адам жайсыз түс көріп, не басқа бір оқыс жағдайдан кенет оянып кетті.*

**ШОШЫҚ** зат. *Шошынғандағы күй.*

**Шошығы басылды.** *Қорқып, үрейленуін қойды.*

**ШОШЫМАЛ[1]** зат. жерг. *Шошынып, елегізіп ауыратын ауру.*

**ШОШЫМАЛ[2]** сын. сөйл. ***Шошымалы.***

**ШОШЫМАЛДАН=** ет. *Өз-өзінен шошу, үрейлену.*

**ШОШЫМАЛДАНУ** *Шошымалдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫМАЛДЫ** сын. сөйл. ***Шошымалы.***

**ШОШЫМАЛЫ** сын. *Шоши беретін, шошығыш, үрейленгіш.*

**ШОШЫМЫЛДЫҚ** зат. өс. *Тауда өсетін қызылша тәріздес өсімдік.*

**ШОШЫН=** ет. **1.** *Зәрелену, қорқып үрейлену.* **2.** *Секемдену, сезіктену.*

**ШОШЫНАРЛЫҚ** сын. *Қорқарлық, сескенерлік.*

**ШОШЫНДЫР=** ет. *Зәресін ұшырғызу, үрейлендіру.*

**ШОШЫНДЫРУ** *Шошындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫНТ=** ет. *Зәресін ұшырту, қорқыту.*

**ШОШЫНТУ** *Шошынт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫНУ** *Шошын етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫНЫС=** ет. *Зәрелері ұшысу, қорқысу.*

**ШОШЫНЫСУ** *Шошыныс етістігінің қимыл атауы.*

**ШОШЫТ=** ет. *Зәресін ұшырту, қорқыту.*

**ШОШЫТУ** *Шошыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШОЯЛА=** ет. *Қауқарсыздану, қуатсыздану.*

**ШӨБЕЛЕК** зат. этн. *Төртінші ұрпақ, шөпшек, шөбереден туған бала.*

**ШӨБЕРЕ[1]** зат. этн. *Немереден туған бала; үшінші ұрпақ.*

**ШӨБЕРЕ[2]** зат. этн. **1.** *Торта, сарымайды қорытқанда түбінде тұнып қалатын қалдық.* **2.** *Тері бояйтын томар бояуды қайнатқанда, сілті қайнатқанда ыдыс түбінде қалатын тұнба.*

**ШӨБЕРЕЛЕС** сын. этн. *Туыстық жағынан бір-бірімен шөбере.*

**ШӨБЕРЕЛІ** сын. этн. *Шөбересі бар.*

**ШӨБЕРЕ-ШӨПШЕК** зат. этн. *Немереден туған бала мен одан кейінгі ұрпақ.*

**ШӨБІР** сын. *Өзімшіл, өзінің қатесін көрмейтін (адам).*

**ШӨБІРЕ** зат. *Балық еті желінгеннен кейін шыққан сүйектері.*

**ШӨБІШІН** зат. өс. *Самалдықтың бір түрі; мықыр самалдық.*

**ШӨГЕЛ[1]** зат. саят. *Он бір жыл жасаған әккі бүркіт.*

**ШӨГЕЛ[2]** сын. *Пысық, тындырымды.*

**Шөгел жігіт.** *Ісіне пысық, жұмысқа тыңғылықты, тірлікке тындырымды, мықты жігіт.*

**ШӨГЕЛДЕЙ** сын. *Шөгел сияқты, шөгел тәрізді.*

**ШӨГЕН[1]** зат. *Бүйірлі келген, дөңгелек ауызды, ас пісіретін шағындау шойын ыдыс.*

**ШӨГЕН[2]** зат. спорт. <ағыл. polo> *Әрқайсысы төрт салт аттыдан құралған екі команда келдекпен қарсы команданың қақпасына доп салып ойнайтын спорт ойыны.*

**ШӨГЕР=** ет. **1.** *Түйені тізерлетіп жатқызу, шөктіру.* **2.** ауыс. *Ұрғашы түйені бураға, яки лөкке шағылыстыру.*

**ШӨГЕРГІЗ=** ет. *Түйені шөккізу.*

**ШӨГЕРГІЗУ** *Шөгергіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГЕРМЕ** зат. этн. *Түрікмендердің басына киетін үлкен сеңсең бөрігі.*

**ШӨГЕРУ** *Шөгер етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГЕРІЛ=** ет. *Түйенің тізерлетіп жатқызылуы, шөктірілу.*

**ШӨГЕРІЛУ** *Шөгеріл етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГЕРІС=** ет. *Түйені тізерлетіп жатқызысу, шөктірісу.*

**ШӨГЕРІСУ** *Шөгеріс етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГУ** *Шөк етістігінің қимыл атауы; басылу, отыру.*

**ШӨГУЛІК** сын. *Шөгуге қатысты.*

**Шөгулік талдау.** хим. *Дисперсті жүйедегі бөлшектердің және полимерлердің ерітінділеріндегі макромолекулалардың молекулалық массасын шөгу жылдамдығы арқылы анықтау.*

**ШӨГІЛ=** ет. сөйл. *Шөгу.*

**ШӨГІН** зат. саят. *Сегіз жастағы бүркіт.*

**ШӨГІНДЕНУ** зат. геол. *Шөгінді материалдардың табиғи жағдайда су немесе ауа қабатындағы қозғалмалы яки қалқымалы қалпын жоғалтып, тыныш жағдайда, яки шөгінділерге ауысу үдерісі.*

**ШӨГІНДІ** зат. **1.** *Теңіз, өзен, көл т.б. сулардың түбінде, жалпы шөгіп қалған, тұнба зат.* **2.** геогр. *Қойылдырғыштарда шөгіп, оның түбіне жиналатын зат.*

**Шөгінді кендер.** геогр. *Теңіз, өзен, көл т.б. су айдындары түбіндегі шөгінді жиналу барысында пайда болған түзілімдер.* **Шөгінді кешен.** *Болмыс-бітімі бірдей (ұқсас процестер жағдайында қалыптасқан), геологиялық көнелігін дәл анықтау қиын, аймақтық стратиграфиялық шкаланың біршама қалың да қомақты бөлігін біріктіретін шөгінділер атауы.* **Шөгінді компенсатор.** тех. *Құбыр желісінің негізгі бос және шөгінді топырақты болып келуіне байланысты байқалатын ұзындық өзгерісін қабылдайтын құрылғы.* **Шөгіндінің ағымдануы.** геол. *Шөгінділердің сұйыла келе, аққыш қасиетке ие болуы.* **Шөгіндінің шымырлануы.** геол. *Борпылдақ, босаң шөгінділердің (тұнбалардың) қысым күшімен тығыздалу, қайтадан кристалдану, жымдаса дәнекерлену және т.б. процестер нәтижесінде шымыр таужыныстарға айналуы.* **Шөгінді таужыныстар.** кен. *Бұзылған тау жыныстарының, минералдық, органикалық заттардың сулы ортада шөгіп, кейін тығыздалып өзгеруінен түзілген таужыныстар.*

**ШӨГІНДІЛЕ=** ет. *Шөгінді жасау, тұнба түзу.*

**Шөгінділеп байыту.** кен. *Гравитациялық байыту әдісі [Массалары әртүрлі минералдар кесектері (түйіршіктері) тік бағытта судың шайқалу күшімен тор үстінде екі қабатқа бөлінеді: астыңғы қабатқа ауыр фракция, ал үстіңгі қабатқа жеңіл фракция жиналып, беткі қабат кенмен бірге түсетін судың күшімен ағып кетеді де, астыңғы қабат тор астына түсіріліп бөлінеді].*

**ШӨГІНДІЛЕН=** ет. кен. *Шөгіндіге айналу.*

**ШӨГІНДІЛЕНУ[1]** зат. геол. *Литосфераның атмосферамен,гидросферамен, биосферамен және ғарыштық кеңістікпен өзара қарым-қатынасы нәтижесінде бүгінгі таңда шөгінділерді қалыптастыруды қамтамасыз етіп отырған барша процестер жиынтығы.*

**ШӨГІНДІЛЕНУ[2]** *Шөгінділен етістігінің қимыл атауы.*

**Шөгінділену белдемі.** геол. *Шөгінділердің түзілімдену процесі жүзеге асатын, яғни түп таужыныстардың бұзылу материалдары есебінен жаңа тау жыныстардың шөгінденілуі қамтамасыз етілетін Жер ғаламшарының беткі бөлігі.*

**ШӨГІНДІЛЕУ** *Шөгінділе етістігінің қимыл атауы.*

**Шөгінділеу мәшинелері.** кен. *Кенді гравитациялық әдіспен байытқанда жиі қолданылатын аппараттар.*

**ШӨГІНДІЛІК** зат. *Шөгіндіге қатысты, шөгінді боларлық.*

**ШӨГІҢКІ** сын. *Аздап шөккен, шөге түскен.*

**ШӨГІҢКІРЕ=** ет. *Шөге түсу, сәл ғана шөгу.*

**ШӨГІҢКІРЕУ** *Шөгіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГІР** зат. **1.** *Шидің, қамыстың, бұтаның тұқылы, ұшкір түбірі; шөңге.* **2.** жерг. *Тікен.*

**ШӨГІРДЕЙ** сын. *Шөгір сияқты.*

**ШӨГІРЛЕ=** ет. сөйл. *Аяққа шөгір кіру.*

**ШӨГІРЛЕН=** ет. *Шөгірге айналу.*

**ШӨГІРЛЕНУ** *Шөгірлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨГІРТІКЕН** зат. өс. ***Теміртікен.***

**ШӨЖЕ** зат. *Тауықтың, құстың балапаны, шібі. // Жетілмеген, уақ, майда, кішкентай.*

**Шөже бас.** *Шүйке бас, жұдырықтай, үрпек бас.*

**ШӨЖЕБАС: шөжебас нар.** түйешар. *Біртуардың басқа түйемен араласпаған түрі.*

**ШӨЖЕДЕЙ** сын. *Шөже сияқты.*

**ШӨЖЕКӨЗ** сын. көне. *Көзі кішкентай, торғайкөз (сауыт, кіреуке).*

**Шөжекөз сауыт.** этн. *Торғайкөз сауыт.*

**ШӨЖЕЛЕ=** ет. **1.** *Мекиеннің жұмыртқа басып, шөже шығаруы.* **2.** ауыс. *Арықтау, сему, жүдеу.*

**ШӨЖЕЛІ** сын. *Шөжесі бар.*

**ШӨЖЕТОРҒАЙ** зат. зоол. *Мамық қауырсынды қоңыр сұрғылт, кішкене құс.*

**ШӨЖУ** *Шөжі етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЖІ=** ет. **1.** *Дәннің толмай бүрісіп қалуы.* **2.** ауыс. *Шөгу, кішірею.* **3.** ауыс. *Еңсесі түсу, жүнжу, жасу.*

**ШӨЖІК** зат. жерг. *Майда көк шөбі мол жер.*

**ШӨЖІМ** зат. *Ішкиімдік, арзанқолды жұқа мата.*

**ШӨЖІМДЕЙ** сын. *Кішкентай, титтей.*

**ШӨЖІТ=** ет. *Еңсесін түсірту, жүнтіту.*

**ШӨЖІТУ** *Шөжіт етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЙГЕЙ** зат. жерг. *Жырау.*

**ШӨК** од. этн. *Өріп бара жатқан түйені өргізбей, тоқтату үшін айтылатын сөз.*

**Шөк былай.** *Түйені айдағанда қайыру, тоқтату үшін қолданылады.*

**ШӨК=** ет. **1.** *Негізінен түйенің, басқа да жануардың тізесін бүгіп, бауырына алып жатуы.* **2.** ауыс. *Аласару, кішірею, мыжыраю.* **3.** ауыс. *Басылу, тұну.*

**Шөккен нардай.** бейн. *Дөңкиген, үлкен, добалдай.* **Шөккен морена.** геогр. *Еріген немесе шегінген мұздықтардың орнында қалған морена.*

**ШӨКЕ** үст. *Шөкесінен.*

**Шөке түсті.** *Тізесін бүгіп, шоқиып отырды.*

**ШӨКЕЙТ** зат. этн. сөйл. ***Шүкейт*** *(кішкентай шекілдек асық).*

**ШӨКЕЛЕ=** ет. *Шөке түсу, тізесін бүгу, жүрелеу.*

**ШӨКЕЛЕТ=** ет. *Тізесін бүккізу, жүрелету.*

**ШӨКЕЛЕТУ** *Шөкелет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨКЕЛЕУ** *Шөкеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨКЕМДЕ=** ет. *Аз-аздан, шөкім-шөкімнен жеу.*

**ШӨКЕСІНЕН** үст. *Екі тізесін бүгіп, бауырына алып (отыру, жату).*

**ШӨКЕ-ШӨКЕ** од. *Ешкіні шақыру үшін айтылатын сөз.*

**ШӨКИ=** ет. сөйл. ***Шоқи.***

**ШӨКИТ=** ет. сөйл. ***Шоқит.***

**ШӨКИТУ** *Шөкит етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨКИЮ** *Шөки етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨККІЗ=** ет. *Тізерлеткізу, тізесін бүккізу.*

**ШӨККІЗУ** *Шөккіз етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨКПЕ** зат. **1.** *Шөгіп қалған тұнба зат; шөгінді.* **2.** геогр. *Органикалық батпақтар, құрлық су қоймаларының тұнбасы.*

**Шөкпе ойыстар.** геоморф. *Далалы жерлерде, шөлейт аудандарда ұшырасатын дөңгелек пішінді, түпкі жазықтығы біршама тегіс болып келетін алаңдар мен ойыс алаңдар.*

**ШӨКТІР=** ет. *Тізерлету, тізесін бүктіру.*

**ШӨКТІРМЕ** зат. кәс. *Аудың суға бататын жағындағы арнаулы түрде байланған тастар.*

**ШӨКТІРУ**[1] зат. кен. *Флотациялық байыту үдерісінде пульпа түрінде алынған концентраттан суды бөліп алу үшін қолданылатын қойылдыру үдерісі.*

**ШӨКТІРУ**[2] *Шөктір етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨКТІРУЛІ** сын. *Шөккен күйде.*

**ШӨКТІРІЛ=** ет. *Шөгерілу, түйенің тізерлетіп жатқызылуы.*

**ШӨКТІРІЛУ** *Шөктіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨК-ШӨК** од. *Елеуреп үріккен түйенің үркуін басып тоқтатарда немесе тізесін бүктіріп, шөгеруде айтылатын сөз.*

**ШӨКІМ** зат. этн. *Үш саусақтың ұшымен шымшып ұстағанда ілігетін мөлшерді білдіретін халықтық өлшем.*

**ШӨКІМДЕЙ** сын. *Кішкентай, азғантай; титтей, құрттай.*

**ШӨКІМДЕП** үст. *Шөкім-шөкімнен, аздап, ептеп.*

**ШӨЛ**[1] зат. **1.** *Жауын-шашын аз жауатын, суға тапшы, ылғалы жоқ, өсімдік сирек өсетін қуаң дала.*

**Шөл арық.** а) *Суы тартылған, кеуіп кеткен арық.* ә) *Ештеме бермейтін сараң, пайдасыз.* **Шөлге айналу.** *Шөл аумағының төңірегіндегі жерлер есебінен кеңеюі.* **Шөл дала.** а) *Сусыз, құнарсыз дала.* ә) *Құм басқан, өсімдіксіз, қу дала.* **Шөлді шүлен етті.** *Қуаң, құрғақ жерді игерді, ширайландырды.* **Шөл зебрі.** зоол. <лат. eguus grevgi> *Шөлді жерлерді мекендейтін зебр түрі.* **Шөл қарсақ болды.** жерг. *Шөлдеді, сусады.* **Шөл қысты.** *Әбден шөлдеді, аңқасы кепті.* **Шөл тотығы.** *Шөлді атыраптарда күннің жарығы көп түсетін жартастар мен тау жыныстары сынықтарының беттерінде қошқыл-қоңыр немесе қара түсті болып түзілетін ұлдір, қабыршақ.*

**ШӨЛ**[2] зат. *Су ішкісі келушілік, сусаушылық.*

**Шөлі қанды.** *Сусындады, шөлі басылды.*

**ШӨЛАДЫР** зат. геогр. <ағыл. bad land> *Ретсіз, терең және тар сай-жыралар, жарлар жүйесінен құралатын, аласа таулы аймақтағы эрозия әрекетінен күрделі тілімделуге ұшыраған, пайдалануға жарамсыз өңір.*

**ШӨЛБЕ** зат. *Шаш қыстырғыш.*

**ШӨЛБИДАЙЫҚ** зат. өс. <лат. agropyron desertorum> *Шөлде өсетін мал жайылымдық шөп; астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШӨЛБӨРІ** зат. жерг. *Қорқау қасқыр.*

**ШӨЛДАЛА** зат. геогр. *Бетіндегі өсімдік жамылғысы мен ауа райының белдеуіне қарай шала бұталы, жусанды өсімдіктер өсетін даланың түрі.*

**ШӨЛДАЛАЛЫ** сын. геогр. *Шөлдалаға қатысты.*

**Шөлдалалы жер.** геогр. *Жауын-шашын мөлшері аз түсетін, ауа райы континентті ормансыз, таусыз, бетін шөп басқан аймақ.*

**ШӨЛДЕ=** ет. **1.** *Сусау, таңдайы кебу, шөліркеу.* **2.** ауыс. *Аңсау, сағыну.*

**ШӨЛДЕГІШ** сын. *Шөлдеуік, сусағыш.*

**ШӨЛДЕМПАЗ** сын. *Шөлдегіш, шөлдеуік.*

**ШӨЛДЕНУ** зат. *Адамның шаруашылық қарекетінің ықпалымен өсімдік жамылғысы сирек, шөлге ұқсас ландшафтылардың пайда болу үдерісі.*

**ШӨЛДЕҢКІРЕ=** ет. *Біршама шөлдеу, шөлдей түсу.*

**ШӨЛДЕҢКІРЕУ** *Шөлдеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЛДЕТ=** ет. **1.** *Сусату, су, сусын ішкісі келіп, қаталату.* **2.** ауыс. *Аңсату, сағындыру.*

**ШӨЛДЕТУ** *Шөлдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЛДЕУ**[1] зат. биол. *Ағзада су азайған кезде немесе судың және қандағы минералдық, сондай-ақ органикалық заттардың қалыпты арақатынасы өзгерген кезде дамитын сезім.*

**ШӨЛДЕУ**[2] *Шөлде етістігінің қимыл атауы; аңсау, сағыну.*

**ШӨЛДЕУІК** сын. *Сусай беретін, шөлдегіш.*

**ШӨЛДЕУІТ** зат. сөйл. *Шөлді жер, шөлейт.*

**ШӨЛДІ** сын. *Жері шөл болып келетін, суы тапшы.*

**ШӨЛДІК** сын. *Шөлді жерге тән.*

**ШӨЛЕГІН** зат. егіншар. *Қолдан суарылмайтын, игерілмей жатқан шөлейтті алқап.*

**ШӨЛЕЙТ** зат. *Ауа райы қуаң, жауын-шашыны аз, ағынды суға тапшы табиғи аймақ.*

**Шөлейт белдемі.** геогр. *Құрлықтың шөлейттік жертарап түрлері басым тараған бөлігін қамтитын табиғи белдем.*

**ШӨЛЕЙТТЕН=** ет. *Өсімдік жамылғысы сиреп, шөлге ұқсас жертараптардың пайда болуы, шөлейтке айналу.*

**ШӨЛЕЙТТЕНУ** *Шөлейттен етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЛЕЙТТЕУ** сын. *Суға тапшылау, қуаңдау.*

**ШӨЛЕЙТТІ** сын. *Жері шөлейт болып келген, қуаң.*

**ШӨЛЕҢ** сын. *Қуаң, шөлейт (жер).*

**ШӨЛЕҢКЕ** зат. жерг. *Тұтқалы, іші эмальданған темір кружка.*

**ШӨЛКЕ** зат. этн. жерг. *Түйе қамыт.*

**ШӨЛҚИЯҚ** зат. өс. *Сұлыбас тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

**ШӨЛҚОҢЫРБАС** зат. өс. <лат. eremopoa> *Шөлде өсетін жабайы өсімдік.*

**ШӨЛМАСАҚ** зат. өс. <лат. eremostachys> *Биіктігі 10–120 см, сабағы тік, түкті, түйнек тамырлы, жапырақтары қауырсын ойықты, тілікті немесе бүтін, гүлдері қанық сары, ақшылдау, қошқыл күлгін түсті, шөлді, таулы аймақтардың құмды, тасты, тастақты, сарыбалшықты жерлерінде өсетін ерінгүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ШӨЛМЕК**[1] зат. *Іс мәшинесінің жіп орайтын тетігі, ұршығы.*

**ШӨЛМЕК**[2] зат. жерг. **1.** *Сұйық зат құюға арналған шыны ыдыс; бөтелке, шиша.* **2.** сөйл. *Арақ-шарап.*

**Шөлмек мың күн сынбай, бір күн сынады.** *Аяғыңды абайлап бас, оңды өмір сүр, жақсының қадірін біл, ақты-қараның бір сәтте-ақ үзілер шегі бар деген мағынада.*

**ШӨЛМЕКСІЗ** сын. *Шөлмегі жоқ.*

**ШӨЛМЕКТЕЙ** сын. *Өңі боп-боз, қып-қу; жүзі солыңқы.*

**ШӨЛП** елік. *Сүйіп алғанда, немесе құрғақ бетке ылғалды қуыс дене сорып жабысып қайта ажырағанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**ШӨЛП-ШӨЛП** елік. *Сүйіп алғанда, немесе құрғақ бетке ылғалды қуыс дене сорып жабысып қайта ажырағанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**ШӨЛПӘРІ** зат. жерг. *Қызыл сары бидай.*

**ШӨЛТІК** зат. жерг. *Үйдің қабырғасына жапсыра орнатылған кітап я басқа нәрсе қоятын тақтай, сөре.*

**ШӨЛІКТІР=** ет. сөйл. *Шөліркету.*

**ШӨЛІРКЕ=** ет. **1.** *Шөлдеу, сусау.* **2.** ауыс. *Зәру болу, аңсау.*

**ШӨЛІРКЕТ=** ет. *Шөлдету, сусату.*

**ШӨЛІРКЕТУ** *Шөліркет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨЛІРКЕУ** *Шөлірке етістігінің қимыл атауы; зәру болу.*

**ШӨМГЕН=** ет. *Жамылу, бүркену.*

**ШӨМЕ** зат. сөйл. жерг. ***Шөмеле.***

**ШӨМЕЙ=** ет. *Белі бүгіліп бүкірею, бүкшию.*

**ШӨМЕЙКЕ** зат. зоол. *Өндірістік мәні бар, қылтанағы тікенді кішкене балық.*

**ШӨМЕЙТ=** ет. *Бүкірейту, бүкшиту.*

**ШӨМЕЙТУ** *Шөмейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМЕЛЕ** зат. *Төбе-төбе етіп үйілген шөп.*

**ШӨМЕЛЕДЕЙ** сын. *Шөмеле сияқты, шөмеле тәрізді.*

**ШӨМЕЛЕЙ** зат. сөйл. жерг. ***Шөмеле.***

**ШӨМЕЛЕЛЕГІШ** зат. ауылшар. *Дестелеп шабылған шөпті немесе сабанды жинап, шөмелеге үйетін аспалы мәшине.*

**ШӨМЕЛЕЛЕ=** ет. *Шөмеле салу, шөмеле етіп үю.*

**ШӨМЕЛЕЛЕН=** ет. *Шөмеле етіп үйілу.*

**ШӨМЕЛЕЛЕНУ** *Шөмелелен етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМЕЛЕЛЕТ=** ет. *Шөмеле етіп үйгізу.*

**ШӨМЕЛЕЛЕТУ** *Шөмелелет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМЕЛЕЛЕУ** *Шөмелеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМЕЛЕУІШ** зат. тех. *Пішенді, сабанды жинап, шөмеле салатын мәшине.*

**ШӨМЕЛЕҮЙГІШ** зат. тех. *Көң, сүрлем, ұнтақ, жүк тиеуге және шөмеле тасуға арналған мәшине.*

**ШӨМЕЛЕШІ** зат. *Шөмеле салушы, шөмелеүюші адам.*

**ШӨМЕҢ** сын. *Түсіңкі, салбыраған.*

**ШӨМЕҢДЕ=** ет. *Шөмең-шөмең ету, бүкеңдеу, бүрсеңдеу.*

**ШӨМЕҢДЕУ** *Шөмеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМЕЮ** *Шөмей етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМИ=** ет. *Бүрісу, бүкшию.*

**ШӨМИЮ** *Шөми етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМКЕН=** ет. *Жамылу, бүркену.*

**ШӨМШЕК**[1] зат. сөйл. ***Шөпшек.***

**ШӨМШЕК**[2] зат. *Ағаш отынды жарғанда түскен қоқым, ұсақ шырпы.*

**ШӨМІШ** зат. **1.** *Ас құятын үлкен ожау.* **2.** тех. *Экскаватор сияқты мәшинелердің жер қазуда, жүк тиеуде пайдаланылатын тетігі.* **3.** металл. *Балқыған металл, штейн не қожды бөліп құюға, тасымалдауға, қысқа мерзімге сақтауға арналған болат не шойын ыдыс.*

**Шөміш қағу.** этн. *Ерте көктемде әйелдердің ағаш кесіндісінен ойып жасалған шөмішті сыртқа алып шығып қағып, ақ мол болсын, төл аман сау болсын деген ниетпен жасайтын рәсімі.* **Шөмiште тазарту.** хим. *Балқу пешінің өнімділігін арттыру және тазарту процесінде жағдайды жақсарту мақсатында шөмішке жүргізілетін тазалау.*

**ШӨМІШБАЛЫҚ** зат. зоол. *Бақашабақ.*

**ШӨМІШБАС** зат. өс. <лат. paraquilegia> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

**ШӨМІШБАСТҰҚЫМ** зат. өс. <лат. paraguilegia> ***Шытырманбас*** *(басы ұйпаланып, қаукиып тұратын тұқымы (ұрығы) кішкентай; шөміштің басы тәріздес көпжылдық шөптесін өсімдік).*

**ШӨМІШГҮЛ** зат. өс. <лат. aquilegia> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШӨМІШТЕН=** ет. *Шөміш сияқтану.*

**ШӨМІШТЕП** үст. **1.** *Шөмішпен алып, шөмішпен мөлшерлеп.* **2.** ауыс. *Уыстап, қомақты етіп.*

**ШӨМІШТЕУ** *Шөміште етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨМІШТІ** сын. *Шөміші бар, шөміш орнатылған.*

**Шөмішті қондырғы**. кен. *Сырыптағыштан науаға түсетін құмды көсіп алып, диірменге түсіретін, шетмойынға жалғанған, іші бұрама жолды қондырғы.* **Шөмішті тегістеуіш мәшине.** кен. *Суармалы жердің дөңестеу тұсының топырағын сыдырып, ойпаң жеріне жеткізіп тегістейтін мәшинелер.* **Шөмішті элеватор.** тех. *Сусымалы жүкті жылжымалы таспаға (таспалы элеватор) не шынжырға (шынжырлы элеватор) бекітілген шөміштермен көтеріп тасымалдауға арналған үздіксіз әрекетті мәшине.*

**ШӨНЕК** зат. жерг. кәс. *Егістік жердің тақта-тақта етіп, жан-жағынан су ағып кетпестей қып қойған кішкене бөлшегі; атыз.*

**ШӨНЖІК** зат. *Жолбарыстың күшігі.*

**ШӨНТАЙ** зат. *Кішкентай дорба, қалта.*

**ШӨНТЕК** зат. сөйл. *Кішкене түйіншек.*

**ШӨНТІК** зат. этн. *Бұзау терісінен тіккен жұқа қауға.*

**ШӨНШІК** зат. **1.** *Бұзаудың шикі терісі.* **2.** этн. *Иленген бұзау терісінен жасалған, ұсақ-түйек салатын шағындау ыдыс.*

**ШӨНІК** сын. *Семік, шолақ, қытымыр, қысқа.*

**ШӨҢГЕ[1]** зат. *Шөптің, құрайдың тұқылы; шөгір.*

**Шөңге болды**. *Құ тұқыл болды.*

**ШӨҢГЕ[2]** зат. ***Тікен.***

**ШӨҢГЕБАС** зат. өс. *Улы өсімдік.*

**ШӨҢГЕДЕЙ** сын. *Шөңге тәрізді, шөңге сияқты.*

**ШӨҢГЕЛ: кәрі шөңгел.** *Тіс қаққан, әккі, қу.*

**ШӨҢГЕЛЕ=** ет. *Шөптің, құрайдың тұқылы кіру, шөгірлеу.*

**ШӨҢКЕ** зат. *Ас пісіретін шағындау ыдыс.*

**ШӨҢКЕБАС** зат. өс. ***Кәріқыз.***

**ШӨҢКЕРІЛ=** ет. *Тоңқалаң асу, төңкерілу.*

**ШӨҢКИ=** ет. *Өңкию.*

**ШӨҢТАС** зат. кәс. жерг. *Егін басатын тас.*

**ШӨҢІРДЕЙ** сын. сөйл. ***Шөгірдей.***

**ШӨП[1]** зат. *Жер бетіне жап-жасыл болып шығатын көкорай шалғын, балауса; жалпы өсімдік атаулы.*

**Шөбі ағып кету.** *Шабылған шөптің құрап қалуы.* **Шөбің жапырылмасын!** қарғ. *Тізеңді құшақтап жалғыз қалғыр! Шөбі шүйгін. Оты құнарлы, мол.* **Шөбі шүйгін.** *Оты құнарлы, мол.* **Шөп басын қимылдатты.** *Шаруа істегенсіді, әрекет қылғандай сыңай танытты.* **Шөп басын қимылдату.** *Іске кірісу, шаруаны бастау.* **Шөп басын сындырмады.** *Түк жұмыс істемей қарап жүрді.* **Шөп басы толған кез.** *Шөптің толықтай өсіп, өніп піскен жаздың аяққы кезі.* **Шөп жеген иттей.** *Жүлмалап, берекесін кетіріп, ойдымдап.* **Шөпке қамады.** сөйл. стиль. *Өсімдіктен жасаған тағаммен, жемісппен ғана тамақтандырды.* **Шөп сындырды.** этн. *Жақсылық, қуанышты нәрсенің болғанына сүйсініп, ырым етіп, ши алып сындырды, разы болды.* **Шөп ұны.** малшар. *Мал азығы ретінде дайындалатын, көпжылдық шөптен жасалатын ұнтақ.*

**ШӨП[2]** елік. ***Шөлп.***

**Шөп етті [еткізді].** *Тез сүйіп алды.*

**ШӨПАУЫЗ** зат. көне. этн. *Төңкерістен бұрынғы жылына бір рет халықтан жиналатын салықтың бір түрі; түтін салығы.*

**ШӨПЕКТЕ=** ет. **1.** *Тамақты шетінен, аз-аздап ішіп-жеу.* **2.** *Оттау, жайылу (малға байланысты).*

**ШӨПЖЕЛКЕ** зат. *Елемеу, тең көрмеу мәнінде қыз балаға айтылатын сөз.*

**ШӨПЖИЯР** зат. өс. <лат. ixiolirion> *Биіктігі 8–50 см, жуашығы домалақ, қара қоңыр қабықты, сабағы жалаң, тік өсетін, жапырақтары ұзынша, жоғарғы жағы ұшкір, аздап салаланған, гүлшоғыры азгүлді, шашақ тәрізді амариллистер тұқымдасына жататын көпжылдық жуашықты шөптесін өсімдіктер.*

**ШӨПЖЫҢҒЫЛ** зат. өс. сөйл. ***Қызылтаңдай.***

**ШӨПҚОРЕКТІ** сын. зоол. *Шөп жейтін, шөппен азықтанатын.*

**ШӨП-МӨП** зат. сөйл. ***Шөп-шалам.***

**ШӨПТАНАПТЫ** сын. ауылшар. *Қолдан егіп, жем-шөп ретінде шауып алынатын.*

**Шөптанапты егіс**. ауылшар. *Қолдан егіп, жем-шөп ретінде шауып алынатын егін.*

**ШӨПТЕ=** ет. *Бау-бақшаның арам шөбін жұлу, тазарту.*

**ШӨПТЕЛ=** ет. *Арам шөп жұлыну, тазартылу.*

**ШӨПТЕЛУ** *Шөптел етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨПТЕСІН** сын. **1.** *Шөбі қалыңдау өскен (жер).* **2.** *Шөп тектес (өсімдіктер).*

**Шөптесін белдеу.** *Шөп қабатынан тұратын биогеоценоздың кеңістіктік құрылымдық бірлігі (орман экожүйесіндегі жер бетінен санағанда екінші белдеу).* **Шөптесін қанкөбелегі.** зоол. <лат. grambidae> *Қанкөбелек тұқымдас үсті тобына жататын көбелектің бір түрі.*

**ШӨПТЕСІНДІ** сын. *Шөбі қалың өскен, шөбі мол, отты (жер).*

**ШӨПТЕТ=** ет. *Жердің шөбін жұлғызу, тазарту.*

**ШӨПТЕТУ** *Шөптет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨПТЕУ** *Шөпте етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨПТІ** сын. *Шөбі мол, шөп тығыз өскен.*

**ШӨПТІК** зат. *Шөп үйіндісі.*

**ШӨПХАНА** зат. *Шөп, пішен сақтайтын жай, шөп сарайы.*

**ШӨПШАЙ** зат. өс. <лат. helichrysum> *Салаубас бауыр және өт қабы ауруларын дәрі ретінде пайдаланылатын өсімдік.*

**ШӨП-ШАЛАМ** зат. **1.** *Шөп т. б. сол сияқты өсімдік қалдықтары, түрлі қоқыс.* **2.** экспр. *Көгөніс.*

**ШӨП-ШАР** зат. сөйл. ***Шөп-шалам.***

**ШӨПШЕК[1]** зат. *Отқа жағу үшін жерден теріп алған ұсақ бұта, құрай.*

**ШӨПШЕК[2]** зат. этн. *Шөберенің баласы.*

**ШӨПШЕКТЕП** үст. *Әр жерден бір теріп, жинап.*

**ШӨПШЕКШІ** зат. *Шөпшек теруші адам.*

**ШӨПШЕНДІ** сын. сөйл. ***Жөпшенді.***

**ШӨПШЕҢДЕ=** ет. *Тез-тез қимылдау, жыпжып ету.*

**ШӨПШЕҢДЕТ=** ет. *Тез-тез қимылдату, жыпжып еткізу.*

**ШӨПШЕҢДЕТУ** *Шөпшеңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨПШЕҢДЕУ** *Шөпшеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨП-ШӨБЕРЕ** зат. жерг. *Шөп-шар, шөптің қиқымы.*

**ШӨП-ШӨЛЕҢ** зат. жерг. *Шөп-шалаң, шөп-шар.*

**ШӨП-ШӨП** елік. ***Шөлп-шөлп.***

**Шөп-шөп сүйді.** *Шөпілдетіп бірнеше рет сүйді.*

**ШӨПШИ=** ет. *Шұқып, шоқып жеу.*

**ШӨПШІ** зат. *Шөп шабу, жинау жұмыстарымен айналысатын адам. // Шөп шабу, жинау жұмыстарымен айналысатын.*

**ШӨПІЛ** зат. *Шөпілдетіп сүйгенде шығатын дыбыс.*

**ШӨПІЛДЕ=** ет. **1.** *Шөп-шөп етіп сүю.* **2.** сөйл. ***Шолпылда.***

**ШӨПІЛДЕК** зат. зоол. *Арқасы күңгірт дақты, бауыры, төсі ақшылдау, балшықшылар отрядына жататын кішкене құс.*

**ШӨПІЛДЕТ=** ет. *Шөп-шөп еткізіп, қайта-қайта сүю.*

**ШӨПІЛДЕТУ** *Шөпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨПІР** зат. сөйл. ***Шопыр.***

**ШӨПІТ=** ет. сөйл. *Шөпілдету, шөпілдетіп сүю.*

**ШӨПІТУ** *Шөпіт етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨРӘЛІ** зат. миф. *Орманды болатын, көзге әртүрлі қорқынышты кейіпте көрінетін зиянды күш.*

**ШӨРЕ** од. *Ешкіні қайырғанда айтылатын сөз.*

**ШӨРЕЙ** од. *Ешкіні қайырғанда айтылатын сөз, шөре.*

**ШӨРЕК** зат. этн. тамақ. *Қазанға қарып пісірген жұқа нан.*

**ШӨРЕЛЕ=** ет. *Шөре-шөре деп ешкіні шақыру.*

**ШӨРЕЛЕТ=** ет. *Шөре-шөре дегізу.*

**ШӨРЕЛЕТУ** *Шөрелет етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨРЕЛЕУ** *Шөреле етістігінің қимыл атауы.*

**ШӨРЕШӨП** зат. өс. *Алабота тұқымдасына жататын татыр сораңның екінші атауы.*

**ШӨРЕ-ШӨРЕ[1]** од. *Ешкіні қайырғанда, лағын шақырғанда айтылатын сөз.*

**ШӨРЕ-ШӨРЕ[2]** сын. *Тиянақсыз, тұрақсыз, әрі-сәрі, не онда емес, не мұнда емес.*

**Шөре-шөре болды.** *Бір тоқтамға келмеді; істің аяғы сұйылып кетті.*

**ШӨРЕ-ШӨРЕЛІК** сын. *Тиянақсыздық, тұрақсыздық.*

**ШӨРКЕ** зат. *Қысқа етіп араланған ағаш кеспелтегі.*

**ШӨРКЕДЕЙ** сын. *Шөрке сияқты.*

**ШӨРЛІК** зат. сөйл. ***Шөлдік*** *(пеште, қазандықта, үйдің қабырғасында болатын құыс).*

**ШӨРІК** зат. көне. *Ұршық.*

**ШӨТЕЙ** зат. қарап. *Шұметей.*

**ШӨТЕК** зат. жерг. *250 грамдық бөтелке.*

**ШӨТКЕ[1]** зат. сөйл. ***Щетка.***

**ШӨТКЕ[2]** зат. жерг. *Есіктің ілгегі, есік ілгіш.*

**ШӨТКЕЛЕ=** ет. *Шөткемен тазарту, қылқыбырдан айыру.*

**ШӨШІРЕ** зат. тамақ. жерг. ***Тұшпара.***

**ШПАГАТ[1]** [нем. Spagat] зат. *Жіңішке кендірдей берік жіп.*

**ШПАГАТ[2]** зат. спорт. *Гимнастикада спортшының бір сызық бойында екі аяғын екі жағына созып отыруы.*

**ШПАЛ** [голл. spalk] зат. *Теміржол бойындағы рельс астына тиянақ ретінде көлденең төселетін, ағаштан, темір-бетоннан, металдан дайындалатын келдек.*

**ШПАЛЕР** [нем. Spalier] зат. *Станоктарда қолмен тоқылатын кілем-картина.*

**ШПАРГАЛКА** зат. сөйл. *Емтихан тапсырыда жасырып қолданылатын билеттердің жауабы жазылған қағаз.*

**ШПАТ** [нем. Spat] зат. геол. *Силикат тұқымдас минералдардың бір түрі.*

**ШПАНА** зат. *Бұзақы, жүлік.*

**ШПЕЙЗА** [нем. Speise] зат. металлург. *Кейбір түсті металдар өндірісіндегі металдардың антимонидтері мен арсенидтерінің қорытпалары болып табылатын қосымша немесе аралық өнім.*

**ШПИЛЬ** [голл. spil] зат. **1.** сәулет. *Ғимарат төбесіне орнатылған конус немесе пирамида іспетті, ұшар басы сүйірленіп келген сүмбі.* **2.** *Ұзын шеге.*

**ШПИЛЬМАН** [нем. Spielmann] зат. өнер. *Орта ғасырларда неміс тілінде сөйлейтін елдерде өнер көрсеткен кезбе музыкашы-актерлер.*

**ШПИНАТ** [нем. Spinat] зат. өс. ***Саумалдық***.

**ШПИНГАЛЕТ** [франц. espagnolette] зат. *Есік, терезені бекітіп жабуға арналған темір ысырма.*

**ШПИНДЕЛЬ** [нем. Spindel] зат. *Көптеген мәшинелердің айналатын бөлшегі.*

**ШПИНЕЛЬ** зат. хим. *Минералдардың, екі және үш валентті металдардың күрделі тотықтарының тобы.*

**ШПИОН** [нем. Spion] зат. **1.** *Мемлекеттік құпия сыры бар мәліметтерді жасырын жинап, шетел агентурасына беру ісімен айналысатын қылмыскер, тыңшы.* **2.** *Тінту, бақылаумен айналысатын адам.*

**ШПИОНАЖ** [нем. Spionage] зат. әск. ***Шпиондық***.

**ШПИОНДЫҚ** зат. әск. *Әскери және мемлекеттік құпия мәліметтерді шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға жасырын жинау, ұрлау, беру ісімен айналысатын қылмыстық іс-әрекет.*

**ШПОН** [нем. Span] зат. полигр. *Әріп тергенде жол-жолдың арасынан ашық қалдыру үшін қолданылатын металл.*

**ШПРИЦ** [нем. Spritze] зат. **1.** мед. *Денеге дәрі, қан жіберу үшін пайдаланылатын дәрігерлік құрал, іскі.* **2.** тех. *Цилиндр ішінде поршені мен ұшында түтікше инесі бар төрт бетін әшекейлеуге, крем құюға арналған аспап.*

**ШПРОТ** [нем. Sprotten] зат. зоол. **1.** *Майшабақ тұқымдасына жататын теңіз балықтарының бір туысы.* **2.** *Осы балықтардан дайындалатын консерві.*

**ШПУР** [нем. Spur] зат. кен. *Бұрғылау нәтижесінде жасалатын диаметрі 75 мм-ге дейін, тереңдігі 5 м-ге дейін болатын дөңгелек не цилиндр тәрізді тесік.*

**ШПУРЛЫҚ** сын. *Шпурға қатысты, соған тән.*

**ШРАПНЕЛЬ** [ағыл. shrapnel] зат. әск. *Ашық нысананы жоюға арналған домалақ оқ-дәрілермен толтырылған артиллериялық снаряд.*

**ШРИФТ** [нем. Schrift] зат. баспа. **1.** *Белгілі бір әліпбидің, белгінің және цифрдың таңбасын түсіру үшін пайдаланылатын литералар жиынтығы.* **2.** *Жазудағы әріптердің графикалық пішіні.*

**ШРОТ** [нем. Schrot] зат. тамақ. *Майлы өсімдіктердің (жер жаңғағы, қыша, майкене, жүгері, күнбағыс, зығыр сығындылары) ұнтақталған, майы алынған тұқымы.*

**ШТАБ** [нем. Stab] зат. кен. **1.** әск. *Қарулы күштердің барлық түрлері бойынша әскерлерді басқарып отыратын орган, әскери орталық.* **2.** әск. *Әскери орган орналасқан ғимарат.* **3.** ауыс. *Белгілі бір іске басшылық ететін орын.*

**Штаб бастығы.** әск. *Штабтың барлық жұмысына басшылық ететін және тиісті командирдің бірінші орынбасары болып табылатын әскери қызмет адамы.*

**ШТАБ-ПӘТЕР** зат. **1.** әск. *Штаб орналасқан орын, үй.* **2.** экон. *Ұйымның, концерннің, компанияның басты, орталық кеңсесі.*

**ШТАМДАР** [нем. Stamm] зат. биол. *Морфологиялық және биологиялық касиеттері бірдей микроағзалардың бір түрінің себінділері, штамм.*

**ШТАММ** [нем. Stamm] зат. мед. *Дене құрылысы мен биологиялық қасиеттері, генетикасы (тегі) біркелкі болып келген микроб себіндісі, белгілі бір микробтың әсіресе вакцина жасауда ерекше мәні бар түрі.*

**ШТАМП** [нем. Stampfe] зат. **1.** *Металды жаныштап өңдеп, соғып шығаратын қалып, форма.* **2.** *Қатынас қағаздың бұрышына басылатын төрткіл мөр.* **3.** *Машықты дайын әрекет, сөз қолданысының ығыр болған әдіс-тәсілі.*

**ШТАМПТА=** ет. *Штамп қою, қалыптау.*

**ШТАМПТАУ** *Штампта етістігінің қимыл атауы.*

**ШТАНГА** [нем. Stange] зат. **1.** *Көптеген механизмдердің бөлшегі ретінде қолданылатын металл білік.* **2.** спорт. *Екі жақ басына ауыр дискі орнатылған салмақты сом темір.* **3.** спорт. *Футбол, хоккей қақпасының жоғарғы және екі бүйіріндегі тұғыр.*

**ШТАНГАЛЫ** сын. *Штангасы бар, штанга орнатылған.*

**ШТАНГАШЫ** зат. спорт. *Штанга көтерумен жаттығушы спортшы.*

**ШТАНГЕНЦИРКУЛЬ** зат. тех. *Малдың терісінің қалыңдығын өлшеу үшін қолданылатын жылжымалы өлшеуіш аспап.*

**ШТАНДАРТ** [нем. Standarte] зат. **1.** *Бірқатар елдердің және бұрынғы орыс армиясының атты әскер полктерінің туы.* **2.** саяси. *Кейбір елдердегі мемлекет басшыларының (императордың, корольдің Президенттің) келіп тоқтаған мекенінде көтерілетін жалауы.*

**ШТАНДОРТ** зат. экон. *Өнеркәсіптің негұрлым қолайлы жерде орналасқанын білдіретін термин.*

**ШТАПЕЛЬ** [нем. Stapel] зат. тоқыма. *Жасанды жібек жіп қосып тоқылған мата.*

**ШТАТ**$^{1}$ [нем. Staat] зат. әкімш. *Америка Құрама Штаттарындағы, Латын Америкасы, Аустралия, Үндістан елдеріндегі өзін-өзі басқаратын әкімшілік-территориялық бірлік.*

**ШТАТ**$^{2}$ [лат. status] зат. ресми. **1.** *Белгілі бір мекеме қызметкерлерінің тұрақты құрамы.* **2.** ***Штат кестесі.***

**Штат кестесі**. *Әкімшілік басқару қызметкерлерінің құрылымы мен санын белгілейтін, лауазымдардың (қызмет орындарының) саны, лауазымдық қызметақының, кәсіптік үстеме ақылар мен көтермелеу ақыларының мөлшері көрсетілетін құжат.* **Штатты қысқарту**. *Өнімге сұраным азайғанда фирманың қызметкерлері санының шарасыздан азайтылуы, қаржыландырудың, жұмыстар көлемінің, өндірісті автоматтандырудың азайтылуы.*

**ШТАТИВ** [нем. Stativ] зат. **1.** *Түрлі құрал-аспаптарды ұстап тұратын аяқ, таған.* **2.** *Суретшілердің мосы іспетті құралы, тұғыр.*

**ШТАТТЫҚ** сын. ресми. *Штатқа*$^{2}$ *қатысты.*

**Штаттық бірлік.** экон. *Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның штат кестесінде көзделген лауазым бірлігі.*

**ШТАФЕЛЬ** [нем. Staffelkonto] зат. қаржы. *Ерекше нысанды есепшот.*

**ШТЕЙГЕР** [нем. Steiger] зат. кен. *Тау-кен мамандығын игерген шеберлер.*

**ШТЕЙН** [нем. Stein] зат. кен. *Күкіртті рудалардан және руда концентраттарынан кейбір түсті металдарды (мыс., никель, қорғасын) қорытқанда алынатын аралық өнім, яғни темір сульфиді мен алынатын металл сульфиді.*

**Штейнді бессемерлеу [конвертерлеу].** кен. *Мыс сульфидінің тотығу реакциясы кезінде бөлініп шығатын жылуды пайдалануға негізделетін штейнді мыс алу үшін қайта өңдеу.*

**ШТЕПСЕЛЬ** [нем. Stöpsel] зат. тех. *Электр шамын, радиоқабылдағыш, телевизор сияқтыларды электр желісіне қосатын арнайы тетік.*

**ШТИБЛЕТ** зат. *Бау тағылған ерлер бәтіңкесі.*

**ШТИВКА** зат. көлік. **1.** *Кеме қоймасына жүктерді дұрыстап орналастыру.* **2.** *Жүктерді, тауарларды жайғастыру жұмыстарының құны.*

**ШТИЛЬ** [голл. stil] зат. *Теңіздегі толық тыныштық, желсіз немесе жылдамдығы секундына 0,2 м-ден аспайтын болмашы желі бар тымық уақыт.*

**ШТОК** [нем. Stock] зат. кен. *Бұрыс пішінді, бірақ жалпы бітісі цилиндр тұрқылас шағын мөлшерлі интрузиялық дене; кен денелерін немесе оның үстінде жатқан тау жыныстарын қиып өтетін тұз қабаты.*

**ШТОКВЕРК** [нем. Stockwerk] зат. тех. *Таужыныстардың массивінде жан-жаққа бағытталып тарамдалған кен желілер торабы құрайтын әртүрлі бұрыс нысандағы кен денелері.*

**ШТОЛЬНЯ** [нем. Stollen] зат. кен. *Жер бетіне тікелей шықпасы бар жазықтық бойымен немесе сәл көтеріңкі етіп жүргізілген кен қазбасы.*

**ШТОПОР** [голл. stopper] зат. **1.** *Бөтелкенің тығынын ашу үшін қолданылатын бұрандалы құрал.* **2.** *Жоғары пилотаж фигурасы.*

**ШТОРМ** [голл. storm] зат. геогр. *Теңізде болатын, күші 9 балл шамасында, жылдамдығы секундына 20 м-ден асатын өте күшті дауыл.*

**ШТРАФ** [нем. Strafe] зат. ***Айыппұл*** *(ақшалай төленетін айып).*

**ШТРЕК** [нем. Strecke] зат. кен. *Тікелей жер бетіне шықпайтын, көлбеулігі $3^\circ$-тан аспайтын, кенорынның ұзына бойына бағыттас жүргізілген жер астындағы кен қазбасы [кеннің ұзына бойымен қазылған және жер үстімен тікелей байланысы жоқ жазық қазба].*

**ШТРИХ** [нем. Strich] зат. *Жіңішке сызық.*

**ШТРИХ-КОД** [нем. Strich – қысқа сызық, франц. code – код] зат. экон. *Техникалық құралдардың көмегімен оқылатын белгілі бір ақпараттары бар, тік сызық түріндегі ақ және қара жолақтар тізбегі.*

**ШТРИХТЕ=** ет. *Картаға рельеф формасын кескіндеп түсіру.*

**ШТРИХТЕУ** *Штрихте етістігінің қимыл атауы.*

**Штрихтеу аспабы** тех. *Сызбаға бірдей 0,25 мм-ден 3,75 мм-ге дейінгі аралықтағы параллель сызықтарды салуға арналған құрылғы.*

**ШТРИХТІ** сын. кіт. *Штрих сызылған.*

**Штрихті микроскоп.** *Теодолиттің айналасындағы бұрыштық өлшемдерді есептейтін микроскоптан тұратын оптикалық құрылғы.*

**ШТРЕЙКБРЕХЕР** зат. экон. *Ереуілшілердің талабын жүзеге асыруға кедергі жасаушылар.*

**ШТУРВАЛ** [голл. stuurwiel] зат. тех. *Ұшақ, кеме, сондай-ақ кейбір ауылшаруашылық мәшинелерін, құбыр желілеріндегі жапқыштарды және т.б. механизмдерді басқару тетігі.*

**ШТУРМ** [нем. Sturm] зат. **1.** әск. *Белгілі бір бекініске, позицияға шешуші шабуыл.* **2.** *Бір мақсатқа жету үшін жасалатын, жігерлі, батыл әрекеттер.*

**ШТУРМАН** [голл. stuurman] зат. навиг. *Кемелерді, ұшақтарды және басқа ұшатын аппараттарды жүргізетін, су, әуе кемелерінің қозғалу бағытын, келе жатқан орнын т.б. айқындайтын және бақылау жасайтын маман.*

**ШТУРМАНДЫҚ** сын. *Штурманға қатысты.*

**Штурмандық қамтамасыз ету.** *Авиацияның ұрыс қимылдарын қамтамасыз етудің бір түрі.*

**ШТУРМОВИК** ор. зат. әск. *Жер бетіндегі нысаналарға шабуыл жасайтын соғыс ұшағы.*

**ШТУФ** [нем. Stufe] зат. кен. *Құрамынан зерттеуге қажет минералдарды бөліп алуға болатын бағалы заты мол кен кесегі.*

**ШТЫБ** [нем. Staub] зат. кен. *Түйіршіктерінің ірілігі 6 мм-ге дейінгі тас көмірдің ірілік класы.*

**ШТЫК** [пол. sztych] зат. әск. *Әскери қару, мылтықтың оқпанының ұшына орнатылып, жекпе-жек ұрыста қолданылатын ұшкір суық қару.*

**ШУ**$^{1}$ зат. **1.** *Қатты шыққан дауыс, үн; азан-қазан, у-ду.* **2.** *Жағымсыз сезім тудыратын немесе есту органын бұзатын (дыбыстық комфорт шегінен асып кететін кез келген дыбыстар) дыбыстар кешені.* **3.** ауыс. *Дау-дамай, жанжал, керіс.*

**Шу етті.** *У-шу болды, бірден шулап қоя берді.* **Шу көтерді.** *Айқай шығарып, дау туғызды.*

**ШУ**$^{2}$ зат. *Кейбір жануарларда орган мен ұрық арасындағы байланысты қамтамасыз ететін мүше.*

**Шуын шұбатты.** *Ыбырсыды, жиналмады; салдыр-салақ жүрді; жинақы болмады.*

**ШУ**$^{3}$ од. *Малды (атты) жүргізу үшін айтылатын сөз.*

**Шу асау.** а) *Жүген-құрық тимеген, бас білмейтін, үйретілмеген.* ә) *Қатал, талапшыл.* **Шу**

**асау құлын.** *Қашып қолға ұстатпайтын қашаған құлын.* **Шу басы.** *Ең басы, бастауы.* **Шу дегенде.** *Әуелде, бастапқы кезде.* **Шу дегеннен [деп].** *Бірден, о бастан.* **Шу қарақүйрық.** *Зым-зия, із-түзсіз көзден ғайып болды деген мағынада.* **Шу қарақүйрық деп.** *Алды-артына қарамай, «сені қайда көрдім» деп.*

**ШУА=** ет. жерг. *Шұбау, шұбыру.*

**ШУАҚ** зат. **1.** *Күннің көзі түскен жер.* **2.** *Күн сәулесі.* **3.** ауыс. *Жылу, мейірім. // Жылы.* **4.** *Қуаныш, шаттық.*

**Шуағын төкті.** *Мол жарық, жылу берді.* **Шуақ жүтты.** *Шуақтады, шуаққа жылынды.* **Шуақ кірді.** *Әсем күйге енді, шырқы келді.* **Шуақ тарады.** *Жылынды.* **Шуақ төгілу.** а) *Күн сәулесі қатты түсті.* ә) *Күлімдеді, жымиды, қуанды.* **Шуақ шашты.** *Қуанды, күлімдеді, бал-бұл жайнады.*

**ШУАҚАР-ШҰБАР** сын. *Алабажақ.*

**ШУАҚЖАЙ** зат. сөйл. ***Жылыжай.***

**ШУАҚСЫЗ** сын. **1.** *Күн сәулесі, шуағы жоқ.* **2.** ауыс. *Көңілсіз, қуанышсыз.*

**ШУАҚТА=** ет. **1.** *Шуаққа шығып жылыну.* **2.** ауыс. *Орнығу, тұрақтау.*

**ШУАҚТАЙ** сын. *Шуақ секілді.*

**ШУАҚТАЛ=** ет. **1.** *Күн сәулесі түсірілу.* **2.** ауыс. *Жылу ұялау, мейірімге толу.*

**ШУАҚТАН=** ет. **1.** *Күннің көзі түсіп, жарқырау, нұрлану, сәулелену.* **2.** ауыс. *Қуану, бал-бұл жайнау.*

**ШУАҚТАНДЫР=** ет. *Нұрландыру, сәулелендіру.*

**ШУАҚТАНДЫРУ** *Шуақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШУАҚТАНУ** *Шуақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШУАҚТАТ=** ет. **1.** *Күн шуағын түсіріп жылыту.* **2.** ауыс. *Жылу ұялату.*

**ШУАҚТАУ** *Шуақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шуаққа жылыну.* **2.** *Жылу беру, мейірім төгу.*

**ШУАҚТЫ** сын. **1.** *Шуағы мол, сәулелі.* **2.** ауыс. *Мейірімді, жылы, сезімге толы.*

**ШУАҚТЫҚ** зат. **1.** *Күн көзінің түскендегі күйі, сәуле шашуы.* **2.** *Шуақ жер, күн түсіп тұрған ық жер.*

**ШУАЛ**[1] зат. жерг. **1.** *Үлкен қап, қанар.* **2.** *Ағаш шелек.* **3.** *Кереге басына ілулі тұратын киім-кешек салатын тоқыма, түкті қалта.*

**ШУАЛ**[2] зат. жерг. *Шошала, кілет.*

**ШУАЛАҢ** сын. жерг. *Ұзын, шұбалаңдаған, салаңдаған.*

**ШУАЛДАП** үст. *Қаппен, қап-қап қылып.*

**ШУАЛДАС=** ет. сөйл. ***Шуылдас.***

**ШУАЛТ=** ет. сөйл. ***Шұбалт.***

**ШУАЛШАҢ** зат. сөйл. ***Шуалшын.***

**ШУАЛ-ШУАЛ** сын. *Шелек-шелек, қап-қап.*

**ШУАЛШЫН** зат. *Жауынқұрт.*

**ШУАНША** үст. *Шуан секілді.*

**ШУАТ**[1] зат. сөйл. ***Шұбат.***

**ШУАТ**[2] сын. *Ыстық, күннің ыссылығы.*

**ШУАТТАН=** ет. жерг. *Ысу, күннің ысуы.*

**ШУАТТАНУ** *Шуаттан етістігінің қимыл атауы.*

**ШУАТЫЛ=** ет. сөйл. ***Шұбатыл.***

**ШУАШ** зат. *Көп терлегеннен малда, адамда пайда болатын жағымсыз иіс; тері ауруы.*

**ШУАШТАН=** ет. *Шуаш пайда болу.*

**ШУАШТАНУ** *Шуаштан етістігінің қимыл атауы.*

**ШУАЯҚ** сын. *Жайбасар, жүрісі баяу, шулы аяқ.*

**ШУГЕ** зат. жерг. ***Шкаф.***

**ШУДА**[1] зат. өс. жерг. *Малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**ШУДА**[2] зат. **1.** *Түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ астына шыққан ұзын қылшық жүн.* **2.** ауыс. *Будақтаған, шұбатылған түтін, шаң; бұлт.*

**Шуда бұлт.** а) *Буылтық-буылтық болып бұйраланған бұлттар.* ә) *Жамандық.* **Шуда жалдану.** *Бұйраланып будақтау.* **Шуда сақал.** *Селдіреген бұйра сақал.* **Шуда тартты.** *Дененің зақымданған, суық тиген жерін жылы ұстап емдеу үшін шуда жүнді таңды.* **Шуда шаш.** *Селдіреген бұйра шаш.*

**ШУ-ДАБЫЛ** зат. *Айқай-шу, азан-қазан.*

**ШУ-ДАБЫР** зат. *Айқай-шу, дабыр-дұбыр.*

**ШУДАДАЙ** сын. *Шуда секілді, бұйраланып шұбатылған.*

**ШУДАДАЙЫН** сын. поэт. *Шуда секілді, шудадай.*

**ШУДАЖІП** зат. тоқыма. *Түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ арасына шығатын ұзынша қылшық жүннен иірілген жуан жіп.*

**ШУДАЖІПТЕЙ** сын. *Шудажіп сияқты.*

**Шудажіптей созылған.** *Ұзақ, баяу өтетін, қызығы жоқ.*

**ШУДАЛА=** ет. **1.** *Жүндеу, жүнін қырқу.* **2.** жерг. *Бір нәрсеге шуда жіп тағу, шуда жіппен бір нәрсені байлау.* **3.** ауыс. *Будақ-будақ етіп шұбату.*

**ШУДАЛАН=** ет. **1.** *Түйенің шудасы желкілдеп өсу.* **2.** ауыс. *Будақ-будақ болып шұбатылу (бұлт, түтін, шаң).* **3.** ауыс. *Бұйралану.*

**ШУДАЛАНДЫР=** ет. *Бұйраландыру.*

**ШУДАЛАНТ=** ет. *Будақтату, шұбырту.*

**ШУДАЛАНУ** *Шудалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШУДАЛАҢҚЫ** үст. *Шудаланған, шұбылыңқы.*

**ШУДАЛАУ** *Шудала етістігінің қимыл атауы.*

**ШУДАЛЫ** сын. **1.** *Шудасы қалың.* **2.** ауыс. *Будақталып шұбатылған.*

**ШУДАША** үст. **1.** *Шудаға ұқсап.* **2.** *Шұбатылып, будақтап.*

**ШУ-ДУ** зат. *Айқай-шу, ырду-дырду.*

**ШУ-ДҮБІР** зат. *Айқай-шу, дүрбелең.*

**ШУ-ЖАНЖАЛ** зат. *Айқай-шу, ұрыс-керіс.*

**ШУЛА=** ет. **1.** *Шу-шу ету, шуылдау.* **2.** *Айқай-шу шығару, дүрліктіру.*

**ШУЛАЙ-ШУЛАЙ** үст. *Үсті-үстіне шулап, улап-шулап.*

**ШУЛАН**[1] зат. *Қасқырдың ұрғашысы, қаншығы.*

**ШУЛАН**[2] зат. **1.** ***Шолан*** *(сарай секілді үйшік).* **2.** жерг. *Ас пісіретін үй.*

**ШУЛАН**[3] сын. *Ақ пен көктің арасындағы түс.*

**Шулан [көк шулан] тарту.** *Көгеру, сұрлану.*

**ШУЛАНДАЙ** сын. *Ұрғашы қасқыр секілді.*

**ШУЛАҢДАС=** ет. сөйл. ***Шуласу.***

**ШУЛАП-УЛАП** = ет. *Улап-шулап, у-шу қылып.*

**ШУЛАП-ШУЛАП** үст. *Үсті-үстіне айқайлап, у-шу қылып.*

**ШУЛАП-ШҰБАП=** ет. *Шұбырып, шу-шу етіп.*

**ШУЛАС=** ет. *Шу-шу етісу, қосылып шулау.*

**ШУЛАСУ** *Шулас етістігінің қимыл атауы.*

**ШУЛАТ=** ет. **1.** *У-шу жасату.* **2.** ауыс. *Әбігерге түсіру, маза кетіру.*

**ШУЛАТУ** *Шулат етістігінің қимыл атауы.*

**ШУЛАТЫЛ=** ет. *Шу көтерілу.*

**ШУЛАТЫП-ШУЛАТЫП** үст. *У-шу қылып.*

**ШУЛАУ** *Шула етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шу-шу етіп қатты дыбыс шығару.* **2.** *У-шу болу, дуылдау, шуылдау.*

**ШУЛАУШЫ** зат. *Айқай-шу жасаушы.*

**ШУЛЫ** сын. *Шуы мол, шуға толы.*

**Шулы аяқ.** жерг. *Сылбыр, жайбасар, жүріс-тұрысы ауыр, аяғы ауыр қозғалатын (адам туралы).*

**ШУЛЫҒАН** зат. *У-шу болған күй, шуылдаған жағдай.*

**Шулыған қылды [салды, етті, көтерді].** *Дүрбелеңге түсіріп, абыр-сабыр етті.*

**ШУЛЫҒУ**[1] *Шулық*[1] *етістігінің қимыл атауы; шулау.*

**ШУЛЫҒУ**[2] *Шулық*[2] *етістігінің қимыл атауы; кермек тарту, ашқылтымдану.*

**ШУЛЫ-ДУЛЫ** сын. *У-шулы, шуға толы.*

**ШУЛЫҚ**[1]**=** ет. сөйл. ***Шула*** *(айқай-шу шығару, у-шу қылу).*

**ШУЛЫҚ**[2]**=** ет. *Сұйық тамақты ысытқан кезде дәмінің кермек тартуы, ашқылтымданып бұзылуы.*

**ШУЛЫҚ**[3]**=** ет. *Тұралау, арықтау, жүдеу; кішірейю, тартылу.*

**ШУЛЫҚТЫР=** ет. сөйл. ***Шулаттыр.***

**ШУЛЫҚТЫРУ** *Шулықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШУМА** зат. сөйл. ***Чума.***

**ШУМАҚ**[1] зат. **1.** *Бір топ нәрсенің жиынтығы, бума.* **2.** *Тізбек, будақ.*

**ШУМАҚ**[2] зат. әдеб. *Өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі ретпен топтасып көбінесе төрт жолдан тұратын тармақтық өлшемі.*

**ШУМАҚТА**[1]**=** ет. **1.** *Арқан, жіп, сым сияқты ұзын затты топтап тізбектеу, түйдектеу.* **2.** ауыс. *Ойын, пікірін жинақтау, қорыту.*

**ШУМАҚТА**[2]**=** ет. *Өлең шумағын құрау.*

**ШУМАҚТАЙ** сын. *Шумақ сияқты.*

**ШУМАҚТАЛ**[1]**=** ет. **1.** *Иіріліп, тізбектелу, түйдектелу.* **2.** ауыс. *Ой, пікір жинақталу, қорытылу.*

**ШУМАҚТАЛ**[2]**=** ет. *Өлең шумағы құралу.*

**ШУМАҚТАЛУ** *Шумақтал етістігінің қимыл атауы; тізбектелу, түйдектелу.*

**ШУМАҚТАН=** ет. *Тізбектелу, түйдектелу.*

**ШУМАҚТАНДЫР=** ет. *Тізбектендіру, түйдектендіру.*

**ШУМАҚТАНУ** *Шумақтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШУМАҚТАП-ШУМАҚТАП** үст. *Шумақ-шумақ етіп, түйдектеп орап.*

**ШУМАҚТАС=** ет. *Тізбектесу, қосып түйдектеу.*

**ШУМАҚТАСУ** *Шумақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШУМАҚТАТ=** ет. *Тізбектету, түйдектету.*

**ШУМАҚТАТУ** *Шумақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШУМАҚТАУ** *Шумақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШУМАҚТАУЛЫ** сын. *Шумақталған, түйдектеулі.*

**ШУМАҚТЫ** сын. *Шумақтан тұратын, шумақталған.*

**ШУМАҚТЫҚ** зат. *Шумақтан тұрушылық, шумақ жасаушылық.*

**ШУМАҚ-ШУМАҚ** сын. *Түйдектелген, тізбектелген.*

**ШУМЕР: шумер жазуы.** тар. лингв. *Ертедегі Шумер мемлекетінде қолданылған алғашқы түрі, заттың ерекше белгілерін кескіндеу арқылы жазылып, кейінгі кезеңде бір сөзді нақты таңбамен жазуға көше бастаған б.з.б. 2-мыңжылдықта өмір сүрген тайпалар пайдаланған жазу.*

**Шумер тілі.** лингв. *Оңтүстік қос өзен жерінде б.д.д. 2000 ж. бұрын өмір сүрген халықтардың тілі.*

**ШУМЕРШЕ** үст. *Шумер тілінде, шумер жазуы бойынша.*

**ШУРПА** зат. тамақ. сөйл. ***Сорпа*** *(қой етінен сорпа қайнатып, піскен етін бөлек ыдысқа түсіріп алынып, сорпасына текшелеп тураған шикі картоп салып, соң жаңа піскен помидор ұсақтап туралып, шала қуырылған пияз бен сәбіз, лавр жапырағы, тұз, бұрыш қосып, қайнатылып дайындалатын сұйық тамақ).*

**ШУРУП** зат. тех. *Бұрандалы шеге.*

**ШУРФ** зат. геол. *Пайдалы кен қазбаларын іздеу үшін, геологиялық карта жасау кезінде, инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық т.б. зерттеулерді жүргізгенде қазылатын, көлденең қимасы квадрат және тік бұрыш түрінде келген тік кен қазбасы.*

**ШУСЫЗ** сын. **1.** *Шуы жоқ.* **2.** *Айқай-ұйқайсыз, абыр-дабырсыз.*

**ШУ-СЫРЫЛ** зат. *Шуылдап, сырылдаған дыбыс.*

**ШУ-ШУ**[1] зат. *У-шу, айқай-ұйқай.*

**Шу-шу етті.** *Шуылдады, шулады.*

**ШУ-ШУ**[2] од. *Малды айдауда, қууда айтылатын сөз.*

**ШУ-ШУЛА=** ет. сөйл. ***Шу-шуле.***

**ШУ-ШУЛЕ=** ет. *Шу-шу деп малды айдау, жүргізу.*

**ШУ-ШУЛЕТ=** ет. *Шу-шудеп мал айдату.*

**ШУ-ШУЛЕТУ** *Шу-шулет етістігінің қимыл атауы.*

**ШУ-ШУЛЕУ** *Шу-шуле етістігінің қимыл атауы.*

**ШУ-ШҰРҚАН** зат. *Айқай-шу.*

**ШУҺРӘТ** [ар. شهرة ] зат. ескікіт. *Атақ, даңқ.*

**ШУЫЛ** зат. **1.** *Шулаған, шуылдаған дыбыс.* **2.** инф. *Кездейсоқ кедергі (бөгеуіл).* **3.** ауыс. *Шу, абыр-дұбыр.* ауыс. *Айқай-шу, шу-шұрқан.*

**Шуыл қақты [салды].** *Шулады, у-шу қылды.*

**ШУЫЛ=** ет. сөйл. ***Шулық*** *(кішірею).*

**ШУЫЛДА=** ет. **1.** *Бей-берекет қатты дауыс шығарып шулау.* **2.** ауыс. *Зу-зу, су-су еткен дыбыс шығару.*

**ШУЫЛДАҒЫШ** сын. сөйл. ***Шуылдақ.***

**ШУЫЛДАҚ** сын. **1.** *Небір дыбыстар шығарып тынымсыз шуылдай беретін.* **2.** *Шуылдағыш, улап-шулап жататын.* **3.** *У-шуды, даужанжалды сүйгіш, айқайшыл, даурықпа. // Шулаған көпшілік.*

**ШУЫЛДАП-ШУЫЛДАП** үст. *Айқай-шу қылып, шулап.*

**ШУЫЛДАС=** ет. *Қосылып шуылдау, улап-шуласу.*

**ШУЫЛДАСУ** *Шуылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШУЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шулату, небір дыбыс, шу шығарту.* **2.** *У-шу ету, дабырлату.*

**ШУЫЛДАТУ** *Шуылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШУЫЛДАУ** *Шуылда етістігінің қимыл атауы; шулау, у-шу жасау.*

**ШУЫЛДЫ** сын. *Шулы, абыр-дабыр болған.*

**ШУЫЛ-СҮРЕҢ** зат. *Тоқтамай кеткен айқай-шу.*

**ШУЫНДЫҚ** зат. өс. *Өсімдік түрі.*

**ШУЫНДЫҚ** зат. өс. сөйл. ***Шұғынық.***

**ШУЫНЖЫ** зат. өс. *Өсімдік түрі.*

**ШУЫ=** ет. сөйл. *Шөгу, қысқару.*

**ШУЫТ** сын. сөйл. *Шұбырған, шұбатылған.*

**ШҰБА** зат. сөйл. ***Шүбә*** *(күмән, күдік).*

**ШҰБА=** ет. *Бірінің соңынан бірі тізбектеліп, ұзыннан-ұзақ, ұздік-создық жүру, шұбыру.*

**ШҰБАЙ-ШҰБЫРЫП** үст. *Шұбатылып, созылып, шұбырып.*

**ШҰБАҚ: ұзын шұбақ.** *Ұзыннан-ұзын, ұзына бойы.*

**ШҰБАҚТА=** ет. *Шұбау, шұбыру.*

**ШҰБАҚТАЛ=** ет. *Шұбалу, тізбектелу.*

**ШҰБАЛ** зат. сөйл. ***Шұбал пеш.***

**Шұбал пеш.** *Кесек кірпіштен қалап салған пеш.*

**ШҰБАЛ=** ет. **1.** *Созыла шұбыру, тізбектелу.* **2.** *Ұзын болып жерге сүйретілу, шұбатылу, солаңдау.*

**ШҰБАЛАН**[1]**=** ет. сөйл. ***Шүбәлан*** *(күдіктену, күмәндану).*

**ШҰБАЛАН**[2]**=** ет. *Шұбатылу, созылу.*

**ШҰБАЛАНУ** сөйл. *Шұбалан етістігінің қимыл атауы; күдіктену.*

**ШҰБАЛАҢ** сын. **1.** *Ұзын, шұбатылған, сөлбеңдеген.* **2.** *Ұзыннан-ұзын созылған.* **3.** ауыс. *Сылбыр.*

**Шұбалаң құйрық.** *Шұбатылған ұзын құйрық.*

**ШҰБАЛАҢДА=** ет. **1.** *Шұбатылу, сүйретілу, сөлбеңдеу.* **2.** *Ұзыннан-ұзақ созылу.* **3.** *Жинақы болмай, созылыңқы болу.*

**ШҰБАЛАҢДАТ=** ет. *Сөлбеңдету, сүйрету.*

**ШҰБАЛАҢДАТУ** *Шұбалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАЛАҢДАУ**[1] сын. *Шұбалаңқы, созылыңқы.*

**ШҰБАЛАҢДАУ**[2] *Шұбалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАЛАҢДЫҚ** зат. **1.** *Сылбырлық, жайбасарлық.* **2.** *Басаяғы жинақы болмаушылық, шұбалаңқылық.*

**ШҰБАЛАҢҚҰЙРЫҚТЫЛАР.** зат. зоол. <лат. viveridae> *Сүтқоректі жануарлардың жыртқыштар отрядының тұқымдасы.*

**ШҰБАЛАҢҚЫ** сын. *Ықшам, жинақы емес, созылыңқы, ұзақтау.*

**Шұбалаңқы тартты.** *Жайбарақат, енжар болды.*

**ШҰБАЛАҢҚЫЛАН=** ет. *Тым шұбатылу, созылу.*

**ШҰБАЛАҢҚЫЛАУ** сын. *Созылыңқылау, ұзақтау.*

**ШҰБАЛАҢҚЫЛЫҚ** зат. *Жинақы, ықшам еместік, шашыраңқылық.*

**ШҰБАЛҒЫДАЙ** сын. *Шұбырындыдай.*

**ШҰБАЛДЫР=** ет. **1.** *Ұзыннан созылдырту, тізбектету.* **2.** ауыс. *Ұзақ создыру.*

**ШҰБАЛДЫРУ** *Шұбалдыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАЛМА**[1] зат. *Шұбыртпа, шұбырма.*

**ШҰБАЛМА**[2] сын. *Шұбатылған, созылыңқы, шұбыртпалы.*

**Шұбалма пеш.** *Қабырға етіп салған пеш.*

**ШҰБАЛМАЛЫ** сын. сөйл. ***Шұбалма*** *(шұбыртпа).*

**Шұбалмалы пеш.** сөйл. ***Шұбалма пеш.***

**ШҰБАЛТ=** ет. **1.** *Шұбалаңдату, сүйрету.* **2.** *Созылту, тізбектету, шұбырту.* **3.** ауыс. *Созылыңқы ету.*

**ШҰБАЛТПА** сын. *Шұбырған, шұбатылған.*

**ШҰБАЛТУ** *Шұбалт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАЛУ** *Шұбал етістігінің қимыл атауы; созыла шұбыру, тізбектелу.*

**ШҰБАЛШАҢ** зат. зоол. *Ылғалды жерді сүйетін жіңішке, ұзынша құрт; жауынқұрт.*

**ШҰБАЛШЫН** зат. сөйл. ***Шұбалшаң.***

**ШҰБАЛЫҢҚЫ** сын. сөйл. ***Шұбалаңқы.***

**ШҰБАЛЫҢҚЫЛЫҚ** зат. сөйл. ***Шұбалаңқылық.***

**ШҰБАМА** зат. сөйл. ***Шөлейт.***

**ШҰБАР**[1] сын. **1.** *Малдың, жан-жануарлардың т.б. заттардың біркелкі түс пен теңбіл-теңбіл басқа бір түс араласқан түрі, түсі.* **2.** *Шешек ауруынан қалған денеде дағы бар, бұжыр; беттегі безеудің орны.* **3.** ауыс. *Бұлтты, сұр.* **4.** ауыс. *Қиын-қыстау.* **5.** *Басқа тілдің сөздерімен аралас.*

**Шұбар ала.** *Аласы басым шұбар араласқан түс түрі.* **Шұбар төс.** *Бай, шонжар, шені бар адам.*

**ШҰБАР**[2] зат. **1.** *Ара-арасында ойдым-ойдым жайылымы бар бұталы өріс; қырат, дөңес.* **2.** *Жазық далада кездесетін тобылғы, шағыр өскен, шөбі қалың, бұталы оян жер.*

**ШҰБАР**[3] үст. **1.** жерг. *Аса сирек, некен-саяқ, тым аз.*

**ШҰБАРАЯҚ** зат. этн. *Сырлы тостаған, сырлы аяқ.*

**ШҰБАРБАҚА** зат. зоол. <лат. bombina> *Дөңгелек тілділер тұқымдасына жататын, құйрықсыз қосмекенділердің бір туысы.*

**ШҰБАРГҮЛ** зат. өс. *Жарықты жақсы көретін жапырақтарының бетінде ақшыл сұр сызықтары болатын жапырағы ерекше әшекейлі үй өсімдігі.*

**ШҰБАРКЕЛ=** ет. жерг. *Жөрмеу, көктеу, көктеп тігу.*

**ШҰБАРКЕЛЕ=** ет. жерг. *Жөрмеу, көктеу, көктеп тігу.*

**ШҰБАРКЕЛУ** жерг. *Шұбаркел етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРКҮЗЕН** зат. зоол. *Тиін тұқымдасына жататын кішілеу тышқан.*

**ШҰБАРҚҰЛАҚ** зат. өс. сөйл. *Қой сүйсіне жейтін шөптердің бір түрі.*

**ШҰБАРЛА=** ет. **1.** *Теңбілдеу, ала-құла ету, дақ салу.* **2.** ауыс. *Сөйлегенде, жазғанда өзге тілдің сөзін, сөз орамын араластыру, таза сөйлемеу.* **3.** ауыс. *Әңгіме, оқиғаны өзгертіп, әр нәрсемен байланыстырып жеткізу.*

**ШҰБАРЛАН=** ет. **1.** *Теңбілдену, ала-құла дақ салыну.* **2.** ауыс. *Сөйлеуде, жазуда өзге тілдің сөзін араластырып қолдану.*

**ШҰБАРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Ала-құла еттіру.* **2.** ауыс. *Айтылатын сөзді өзгерттіріп жеткізу.*

**ШҰБАРЛАНДЫРУ** *Шұбарландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРЛАНУ** *Шұбарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРЛАТ=** ет. *Түрлі-түсті қылып, ала-құла ету.*

**ШҰБАРЛАТУ** *Шұбарлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРЛАУ**[1] сын. **1.** *Аздап шұбары бар, бұжырлау.* **2.** ауыс. *Аздап шет тілдің сөздері қосылған, араласқан.* **3.** ауыс. *Шұбалаңқылау, созылыңқылау.* **4.** ауыс. *Сиректеу, аздау, некен-саяқ.*

**ШҰБАРЛАУ**[2] *Шұбарла етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРЛЫ**[1] сын. *Шұбары бар.*

**ШҰБАРЛЫ**[2] сын. *Жазық далада кездесетін оян, шөбі қалың, бұталы (жер).*

**ШҰБАРЛЫҚ** зат. **1.** *Шұбар болушылық.* **2.** *Бұжырлық, бұдырлық.* **4.** ауыс. *Шұбалаңқылық, созылыңқылық.*

**ШҰБАРТ=** ет. **1.** *Ала-құла болып, теңбілдену, шұбарлану.* **2.** ауыс. *Бұлдырау, сағымдалу, буалдырлану, тұмандану.*

**ШҰБАРТУ** *Шұбарт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАРТЫШҚАН** зат. зоол. ***Шұбаркүзен.***

**ШҰБАРШӨП** зат. өс. <лат. saussurea> *Күрделігүлділер тұқымдасы шұбаршын (соссюрея) туысына жататын шөптесін өсімдік.*

**ШҰБАР-ШҰБАР** сын. *Қатты шұбарланған.*

**ШҰБАРЫТ**[1]**=** ет. сөйл. ***Шұбырт.***

**ШҰБАРЫТ**[2]**=** ет. сөйл. ***Шұбарт.***

**ШҰБАС=** ет. сөйл. ***Шұбырысу.***

**ШҰБАСЫЗ** сын. сөйл. ***Шүбәсіз.***

**ШҰБАТ** зат. этн. *Түйе сүтінен ашытып жасалған шипалы тағам, сусын.*

**ШҰБАТ=** ет. **1.** *Адамдар тобы, малдың ұзыннан-ұзақ, бірінің соңынан бірі жүруі.* **2.** *Ұзарту, жазу, ұзын қылып ұстау.* **3.** *Сүйрету, шұбалту.* **4.** ауыс. *Сөзді, әңгімені созу, жалғастыру.*

**ШҰБАТҚЫЛАУ** сын. *Ұздік-создық, аяқталмаған, созылған.*

**ШҰБАТУ** *Шұбат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАТХАНА** зат. *Шұбат сататын орын.*

**ШҰБАТЫ** зат. жерг. *Күйдіргі ауруы.*

**ШҰБАТЫЛ=** ет. **1.** *Адамдар тобының, малдың бірінің артынан бірі созылып жүруі.* **2.** *Адам бойынан ұзын нәрсенің (шаш, киім) жерге сүйретілуі.* **3.** *Сүйретілу, жол-жөнекей шашылу.* **4.** *Жолдың иреленден, ұзыннан ұзақ жатуы.* **5.** ауыс. *Үйден шығып болмай, болбырап жүріп алуы.*

**ШҰБАТЫЛМАЛЫ** сын. *Созылмалы.*

**ШҰБАТЫЛМАЛЫҚ** зат. *Созылмалық.*

**ШҰБАТЫЛТ=** ет. *Соза түсқізу.*

**ШҰБАТЫЛУ** *Шұбатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБАТЫМ: арқан шұбатым.** *Жақын, бір арқанның бойындай.*

**ШҰБАТЫНДЫ** зат. *Созынды, бөлік.*

**ШҰБАУ**[1] сын. *Ұзыннан-ұзақ.*

**ШҰБАУ**[2] *Шұба етістігінің қимыл атауы; сарсылу, табанынан таусылу, босу.*

**ШҰБЫЛ=** ет. сөйл. ***Шұбыр.***

**ШҰБЫЛТ=** ет. сөйл. *Созылту, ирелендету, құбылту.*

**ШҰБЫР=** ет. **1.** *Бірінен кейін бірі қалмай, көп болып жүру, сеңдей соғылысу (адам, мал т.б.)* **2.** *Сорғалау, ағу, құйылу (тер, жас, сілекей).* **3.** ауыс. *Сенделу, босу, сандалу, табанынан таусылу.*

**ШҰБЫРҒАН-ШҰБАҒАН** үст. *Бірінен кейін бірі созылып (жүру), жан-жақтан қаптап, лағып.*

**ШҰБЫРМА** сын. *Шұбырған, шұбаған.*

**ШҰБЫРМАЛЫ** сын. *Шұбырған, топталып жүретін.*

**ШҰБЫРТ=** ет. **1.** *Адамдарды, балаларды бірінің артынан бірін шұбатып ерту, сабылту.* **2.** *Көбейту, ұзарту, қаптату.* **3.** *Сөздің арасын үзбей, жалғастырып үсті-үстіне айту, бастырмалату.*

**ШҰБЫРТА-ШҰБЫРТА** үст. *Бірінен кейін бірін созып, қаптатып.*

**ШҰБЫРТПА**[1] зат. **1.** *Шұбыртып, ұзақ, бос айтылған, үсті-үстіне бастырмалатып айтылған сөз.* **2.** сөйл. *Ұзақ айтылатын терменің түрі.*

**Шұбыртпаға салмай.** *Шұбатпай, сенделтпей.*

**ШҰБЫРТПА**[2] зат. сөйл. **1.** ***Мандам*** *(маңқаға ұқсас жылқы ауруы).* **2.** жерг. *Топалаң індетінің жергілікті атауы.*

**ШҰБЫРТПА**[3] зат. этн. қолөнер. **1.** *Сәукеленің құлақбауы.* **2.** *Алқа, моншақ.* **3.** *Шынжыр.*

**ШҰБЫРТПА**[4] сын. **1.** *Үсті-үстіне босқа, ұзақ айтылған.* **2.** *Шұбатылған, ұзын.*

**Шұбыртпа сөз.** *Бастырмалатқан, үдемелеткен, артық сөз.*

**ШҰБЫРТПАДАЙ** сын. *Шұбыртпа секілді, шұбыра созылған.*

**ШҰБЫРТПАЛА=** ет. *Шұбырту, бастырмалату.*

**ШҰБЫРТПАЛЫ**[1] сын. **1.** *Ұзақ, шұбыртып айтқан, үсті-үстіне бастырмалатқан (сөз).* **2.** әдеб. *Бірнеше жолға дейін ұйқас болып келетін (өлең).* **3.** *Шұбатылған, ұзын, тізбектелген.* **4.** *Көп, бос, ұзыннан-ұзақ.*

**Шұбыртпалы соғыс.** көне. әск. *Табиғи кедергілерді, тау жоталарын пайдалана жағалай соғыс жүргізу.* **Шұбыртпалы ұйқас.** әдеб. *Өлеңнің барлық жолдары ұйқасып келетін ұйқас түрі.*

**ШҰБЫРТПАЛЫ**[2] сын. *Шұбыртпа (әшекей) таққан.*

**ШҰБЫРТУ** *Шұбырт етістігінің қимыл атауы; сөзді үзбей, үсті-үстіне айту.*

**ШҰБЫРТЫНДЫ** сын. *Шұбырған.*

**ШҰБЫРТЫҢҚЫЛЫҚ** зат. *Ұзақтық, ұзаққа созылушылық.*

**ШҰБЫРУ** *Шұбыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сандалу, ағылу, табанынан таусылу.* **2.** *Сұйық заттың (жас, су, қант т.б.) ағуы.*

**ШҰБЫРУШЫ** зат. *Шұбырған адамдар, малдар.*

**ШҰБЫРУШЫЛЫҚ** зат. *Ерсілі-қарсылы ағылып шұбыртқандық.*

**ШҰБЫРЫЛ=** ет. *Сорғалау, қаптау, көбею.*

**ШҰБЫРЫН** сын. *Шұбырынды, шұбырған (адамдар, малдар).*

**ШҰБЫРЫНДЫ**[1] зат. **1.** *Аумалы-төкпелі заманда елінен-жерінен ауып шұбаған күй, жағдай; босқыншылық. // Босқан, тентіреген, қайыршыланған.* **2.** *Төрт түлік малдың шұбырып, ұзыннан-ұзақ, бірінің соңынан бірі ілесе жайылған шоғыры.*

**Шұбырынды болды.** *Мал өрістей алмады; бір жерге тұрақтамады, шұбырып жүре берді.* **Шұбырындыға ұшырады.** *Шұбырып, бірінің соңынан ілесіп, дұрыс жайылмайтын күйге түсті.*

**ШҰБЫРЫНДЫ**[2] сын. **1.** *Шұбырындыға ұшыраған, босып кеткен.* **2.** *Соқпаққа айнала қоймаған, мал тұяғының ізі батқан ұзыннан-ұзақ тізбектеле созылған (із, сүрлеу).*

**ШҰБЫРЫНДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Босқыншылық.* **2.** *Малдың шұбыра созылған жүрісі.*

**ШҰБЫРЫНШЫЛЫҚ** зат. *Шұбырындыға ұшыраушылық.*

**ШҰБЫРЫП-ШҰБАП** сын. *Ұзыннан созылып.*

**ШҰБЫРЫС=** ет. *Үздік-создық болып, бірінен кейін бірі шұбап жүру.*

**ШҰБЫРЫСУ** *Шұбырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰБЫТ** сын. жерг. *Надан, қараңғы (адам туралы).*

**ШҰҒА** зат. **1.** *Жұмсақ майдатүкті жүнмата. // Шұғадан тігілген, шұғадан дайындалатын.* **2.** ауыс. *Ұлпа қар.*

**ШҰҒАДАЙ** сын. *Шұға секілді, жұп-жұмсақ.*

**ШҰҒАЛЫ**[1] сын. *Шұғасы бар.*

**ШҰҒАЛЫ**[2] сын. сөйл. *Сәулелі, шұғылалы.*

**ШҰҒАНАҚ** зат. сөйл. ***Шұқанақ*** *(мұздықтың, судың бүлдіру әрекетінен түзілетін аңғар беткейлеріндегі эрозиялық формалар).*

**ШҰҒАШЫ** зат. *Шұға тоқушы.*

**ШҰҒЖИ=** ет. сөйл. ***Шұқши.***

**ШҰҒЫЛ** үст. **1.** ресми. *Тез, тығыз, жедел.* **2.** *Дереу, бірден.* **3.** *Кенет, кілт, аяқ астынан.*

**Шұғыл берілетін мәлімет.** әск. *Өз әскерлерінің қимылдары, жағдайы, орны және әдетте өткен тәуліктегі қарсыласы туралы мәлімет берілетін құрама (бірлестік) штабының жауынгерлік есептік-ақпараттық құжаты.* **Шұғыл бүркеніш.** әск. *Әскердің алда тұрған қимылы, операция мақсаты, аумағы, уақыты мен қарудың жаңа түрлерін қолдану сипатына қатысты қарсыласты жаңылыстыру мақсатында жүргізілетін әртүрлі шаралар жиынтығы.* **Шұғыл желі.** әск. *Тікелей байланыс.* **Шұғыл өңдеу.** инф. <ағыл. time-bound processing> *Берілген уақыт ішінде аяқталуға тиіс мәліметтерді өңдеу ісі.* **Шұғыл дауыссыздар.** лингв. *Айтылу жолына қарай фонациялық ауанның шұғыл үзіліп шығуынан пайда болатын дауыссыз дыбыстар.* **Шұғыл тапсырмалы десант.** әск. *Ядролық қару алаңдарын басып алу, шабуылға шыққан негізгі күшке көмектесіп, жаудың ту сыртынан соққы беру, қоршауға алу, араларды, теңіз жағалауларын басып алып, негізгі күш келіп жеткенше ұстап тұру т.с.с. майдандық көлемдегі аса маңызды жауынгерлік тапсырмаларды орындайтын арнайы әскери бөлім.*

**ШҰҒЫЛА** зат. **1.** *Күннің нұры, сәулесі, шапағы.* **2.** ауыс. *Қыздың бет-ажары, ибалығы туралы.*

**ШҰҒЫЛАДАЙ** сын. *Шұғыла секілді, жарық сәуле тәрізді. // Жарығын, сәулесін шашып, жарқырап.*

**ШҰҒЫЛАЛАН=** ет. **1.** *Арайлану, құлпыру.* **2.** ауыс. *Жүзі нұрлану, бұлбұл жайнау.*

**ШҰҒЫЛАЛАНДЫР=** ет. *Нұрландыру, құлпырту.*

**ШҰҒЫЛАЛАНУ** *Шұғылалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҒЫЛАЛЫ** сын. **1.** *Шұғыласы мол, сәуле шашқан, нұрын төккен.* **2.** *Жайдары, бейбіт, шуақты.* **3.** *Мейірім шашқан, мейрімді, жылы.* **4.** *Жылы, күн көзі көп түскен.*

**ШҰҒЫЛАЛЫҚ** зат. окказ. *Басқа ғаламшар иелері, басқа ғаламшардан келгендер.*

**ШҰҒЫЛӘРЕКЕТТІ** сын. *Жедел шешім қабылдап, дереу қимылдайтын.*

**Шұғыләрекетті топ.** әск. а) *Майдан өңірінде немесе жекелеген операциялық бағытта әрекет етуші уақытша біріктірілген майдан әскерлері бөлімі.* ә) *Әскерлер әрекетіне жетекшілік жасау үшін бірлестік (құрама) штабтарынан жіберілген байланыс құралдары бар офицерлер тобы.*

**ШҰҒЫЛДАН=** ет. *Белгілі бір іспен айналысу, бір жұмыстың соңына түсу.*

**ШҰҒЫЛДАНҒЫШ** сын. *Айналысқыш, бейім.*

**ШҰҒЫЛДАНДЫР=** ет. **1.** *Бір іспен айналыстыру.* **2.** *Көңілін аудару.*

**ШҰҒЫЛДАНДЫРУ** *Шұғылдандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір іспен айналыстыру.* **2.** *Назарын аудару.*

**ШҰҒЫЛДАНУ** *Шұғылдан етістігінің қимыл атауы; айналысу, бір істің соңына түсу.*

**ШҰҒЫЛДАНУШЫ** зат. *Белгілі бір іспен айналысатын адам.*

**ШҰҒЫЛДАНУШЫЛЫҚ** зат. *Белгілі бір іспен айналысушылық.*

**Шұғылданушылық қалып-күй.** инф. <ағыл. busy> *Кейбір операцияны орындаумен айналысқан кездегі құрылғының қалып-күйі.*

**ШҰҒЫЛДАНЫЛ=** ет. *Айналысылу, назарға алынылу.*

**ШҰҒЫЛДАТ=** ет. *Тездету, жылдамдату.*

**ШҰҒЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Тығыздық, қарбаластық, қауырттық.* **2.** *Жеделдік, тездік.* **3.** *Аяқ астынан, тез, оқыс, тұтқиылдан болушылық.*

**ШҰҒЫЛШАРАЛЫҚ** сын. *Дереу, тез арада орындалатын іс-қимылдарға, шараларға қатысты.*

**Шұғылшаралық бүркеме.** әск. *Майдан (армия) қолбасшысының шешімімен жүргізілетін және операцияларға әзірлік құпиясын сақтауға бағытталған бүркеме.*

**ШҰҒЫЛ-ШҰҒЫЛ** сын. *Тез-тез, тым асығыс.*

**ШҰҒЫЛЫҚ** зат. өс. сөйл. ***Шұғынық.***

**ШҰҒЫМ** зат. *Құйып салынған ою.*

**ШҰҒЫНДЫҚ** зат. сөйл. ***Шұғынық.***

**ШҰҒЫНДЫР** зат. жерг. *Қант қызылшасы.*

**ШҰҒЫНЫҚ** зат. өс. <лат. paeonia> *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын, тау бөктерлерінде, жартастарға шығатын, көктемде өсетін қызыл түсті гүл, таушымылдық.*

**ШҰҒЫНЫҚТАЙ** сын. *Шұғынық гүлі секілді, қып-қызыл.*

**ШҰҒЫРЫМ** зат. *Бекініс орыны, бекет.*

**ШҰДДАТ** зат. ескі кіт. *Күш, салмақ, дәрмен.*

**ШҰЖЫҚ**[1] зат. тамақ. *Шикі еттің майлы жерінен турап, тұз, бұрыш қосып, ішекке тығып жасаған тағам.*

**Шұжық білезік.** зерг. *Шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік.* **Шұжық сырға.** зерг. *Салпыншағын шұжық сияқтандырып жасаған алтын, күміс сырға.*

**ШҰЖЫҚ**[2] зат. этн. *Жегін көліктің мойнын алмас үшін қамыттың астыңғы жағында тұратын жұмыр, жұмсақ зат.*

**ШҰЖЫҚ**[3] сын. *Жылтыр.*

**ШҰЖЫҚТА=** ет. *Шұжық жасағандай қылу, домалатып орау.*

**ШҰЖЫҚТАЙ** сын. **1.** *Шұжық сияқты, шұжық тәрізді.* **2.** ауыс. *Жұп-жұмыр, семіз.*

**ШҰЖЫҚТАН=** ет. *Жұмырлану, буылтықтану, біліну.*

**ШҰЖЫҚШЫЛ** сын. *Шұжық жегенді жақсы көретін.*

**ШҰЙЛЫҚ=** ет. сөйл. ***Шұйлік.***

**ШҰҚ** зат. сөйл. *Ұшық, шеті, аяғы.*

**ШҰҚАНАҚ** зат. *Онша терең емес, су жиналған шұңқыр.*

**Шұқанақ құдық.** жерг. *Қол шөмішпен су құйып алатын суы таяз құдық.*

**ШҰҚАНАҚТА=** ет. сөйл. *Шұқылану, тыныш жүрмеу.*

**ШҰҚАНАҚТАН=** ет. *Жырылу, шұңқырлану.*

**ШҰҚАНАҚТАЙ** сын. **1.** *Кіп-кішкентай, түкте емес, мардымсыз.* **2.** *Шұқанақ құрлы.*

**ШҰҚАНАҚТЫ** сын. *Шұқанағы бар, шұқанағы мол.*

**ШҰҚАНАҚ-ШҰҚАНАҚ** сын. *Шұңқырлы, тегіс емес.*

**ШҰҚАТ**[1] зат. сөйл. ***Шоқат.***

**ШҰҚАТ**[2] зат. өс. сөйл. *Үшқат, тау бөктерлерінде, жартасты жерлерде өсетін гүл.*

**ШҰҚАТ-ШҰҚАТ** зат. *Шұқатты келген, шұңқыр-шұңқыр.*

**ШҰҚИ=** ет. **1.** *Бас көтермей, шұқшиып оқу.* **2.** *Сопию, жалғыз отыру.*

**ШҰҚИЮ** *Шұқи етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚУ** *Шұқы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тісін шұқылау, тазалау.* **2.** ауыс. *Бір нәрсені ерінбей, айналдыра беру, айналыса беру.*

**ШҰҚУШЫ: көзге шұқушы.** *Шындықты бетке басып айтушы адам.*

**ШҰҚУЫШ** зат. *Тістің арасына кірген тамақ қалдығын тазарту үшін пайдаланатын нәрсе, тісшұқуыш.*

**ШҰҚШИ=** ет. **1.** *Бір нәрсеге зер салып үңілу, қадағалап ден қою.* **2.** *Бір нәрсені қадалып сұрау, қадалып іздеу. // Сақтықпен, абайлап.* **3.** ауыс. *Тиісуге қара таппай, ілік іздеу.* **4.** ауыс. *Міз бақпай қарау, төну.*

**ШҰҚШИМА: шұқшима сұрақ.** *Тиісе қойылған сұрақ.*

**ШҰҚШИМАЛЫҚ** з а т. *Көп оқығыштық, ерінбеушілік.*

**ШҰҚШИТ=** е т. **1.** *Мінеп, әбден табалау, кемшілігін бетіне басу.* **2.** *Мардымсыз нәрсені олқы, кіші көру, тшититу.* **3.** *Мінін айтқанда қолымен нық нұсқап, қадап көрсету.*

**Шұқшитып тұрып көзге шұқу.** *Кемшілігін, мінін тырп еткізбей бетіне айту, басу.*

**ШҰҚШИТУ** *Шұқшит етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚШИЫС=** е т. *Бір нәрсеге бәрі қадалысып қарау, бастарын бір жерге түйістіру, ден қойысу.*

**ШҰҚШИЫСУ** *Шұқшиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚШИЮ** *Шұқши етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көп оқу, жазу, үнемі кітап, қағазға үңілу.* **2.** *Бір нәрсеге қадалып, ұзақ қарау; ойлану.* **3.** *Белгілі бір істі, кәсіпті ұзақ, жалықпай айналдыра беру.* **4.** а у ы с. *Тиісу, ілік іздеу, көп қадалу.*

**ШҰҚШИЯ-ШҰҚШИЯ=** е т. *Қарап-қарап, қадалып, шұқшиып.*

**ШҰҚ-ШҰҚ** о д. ж е р г. *Түйені шөктіргенде айтылатын шөк-шөк деген одағайдың жергілікті нұсқасы.*

**ШҰҚШЫЛ=** е т. с ө й л. ***Шұқши.***

**ШҰҚШЫҢДА=** е т. *Бүгжеңдеу, құнжыңдау.*

**ШҰҚЫ=** е т. **1.** *Жерді қазу.* **2.** а у ы с. *Мәшине, техниканы жөндемек болу, қарау.* **3.** *Нұқу, нұсқау, көрсету.* **4.** *Тісте тұрып қалатын тамақ қалдықтарын шимен алу.*

**ШҰҚЫЛ=** е т. *Техника, құралдардың қаралуы, жөнделуі.*

**ШҰҚЫЛА=** е т. **1.** *Бір нәрсені қозғау, қайта-қайта шұқи беру, түрткілеу.* **2.** *Техника, құралдардың бұзылған жерін қарау, жөндеу.* **3.** а у ы с. *Ананы бір, мынаны бір қазбалау, мазалау, түртпектеу.*

**ШҰҚЫЛАН=** е т. **1.** *Бау-бақша өсіріп, үнемі көкөністерді қарап жүру.* **2.** а у ы с. *Тіміскілену, іздену, тыныш отыра алмау.* **3.** *Үсті-басын қарау, тінту.* **4.** *Әр жерінен бір шұқып жеу, дұрыс тамақ жемеу.* **5.** *Түртіну, қазбалану.*

**ШҰҚЫЛАП-ШҰҚЫЛАП** ү с т. *Шұқып-шұқып, аз-аздап түрткілеп.*

**ШҰҚЫЛАС=** е т. **1.** *Түрткілеп қайта-қайта қарасу, көрісу.* **2.** *Техника, құралдардың бұзылған жерін қарасу, жөндесу.*

**ШҰҚЫЛАСУ** *Шұқылас етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫЛАТ=** е т. *Шоқыту, құсқа жем беру.*

**ШҰҚЫЛАТУ** *Шұқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫЛАУ** *Шұқыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түрту, шұқу.* **3.** *Үнемі айналысып жүрген нәрсесіне шұқшию, қарау.* **4.** а у ы с. *Қатты қысылғаннан, ұялғаннан не істерін білмей, бір нәрсені түртпектеу.*

**ШҰҚЫЛЫҚТА=** е т. *Шұқылану, шұқшию.*

**ШҰҚЫЛЫҢ-ШҰҚЫЛЫҢ** ү с т. *Алақ-жалақ.*

**ШҰҚЫМА** с ы н. **1.** *Шұқылауды қажет ететін.* **2.** *Күйбең іс, күйкі сөз.*

**ШҰҚЫМДА=** е т. *Шөкімдеу, азайту, кеміту.*

**ШҰҚЫН=** е т. **1.** *Шұқылану, түртіну.* **2.** *Тәптіштеу, жөндеу.* **3.** *Бір нәрсеге қарау, шұқшию.* **4.** *Техника, құралдарды қарау, жөндеу.* **5.** *Бау-бақша өсіру, үнемі бақшада жұмыс істеу.* **6.** *Қарап отырмай, түртініп бірдеңе істеу, ұсақ-түйек жұмыспен айналысу.*

**ШҰҚЫНУ** *Шұқын етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫНШАҚ** з а т. *Шұқиып көп отыратын адам.*

**ШҰҚЫНЫҚ** з а т. ө с. с ө й л. ***Шұғынық*** *(тау бөктерлерінде көктемде шығатын қызғалдақ тәрізді гүл).*

**ШҰҚЫҢ** е л і к. *Шошаң еткен қысқа, шалт қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шұқың етті.** *Шошаң етті.*

**ШҰҚЫҢДА=** е т. **1.** *Күйбеңдеп, үй шаруасымен, мардымсыз бір шаруамен айналысу.* **2.** *Әр нәрсеге бір қарау, түртпектену.* **3.** *Шоқып жеу.*

**ШҰҚЫҢДАС=** е т. *Шұқшиысу, түртінісу.*

**ШҰҚЫП-ШҰҚЫП** ү с т. **1.** *Шоқып-шоқып (құс).* **2.** *Көсеп-көсеп, түртіп-түртіп.*

**ШҰҚЫР** з а т. **1.** *Қазылған, ойылған жер; шұңқыр.* **2.** а у ы с. *Қыз баланың бетінде, әсіресе жымиғанда білінетін, әдемілікті білдіретін шұқыр.*

**ШҰҚЫР** з а т. ж е р г. *Шай ішуге арналған құлақты ыдыс (астында шыны аяғы болады).*

**ШҰҚЫРАЙ=** е т. **1.** *Ой түсу, ойықтану, шұңқыр болу.* **2.** *Беті шұқырлану.* **3.** *Түсіп қалған тістің орнының үңірею і.*

**ШҰҚЫРАЙТ=** е т. **1.** *Ою, шұңқырлату.* **2.** *Шұңқырайту, шұңқырлау.* **3.** *Жағын қушитып, бетінде шұқыр пайда болғызу, ұртын ішіне тарту.*

**ШҰҚЫРАЙТУ** *Шұқырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫРАН=** е т. *Оқырану, аяғын тарпу.*

**ШҰҚЫРАҢДА=** е т. *Шұқылану, шұқшию.*

**ШҰҚЫРАЮ** *Шұқырай етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫРЛА=** е т. *Шұқыр жасау, жерді ойып қазу.*

**ШҰҚЫРЛАН=** е т. **1.** *Шұқыраю, қазылу.* **2.** *Беті шұңқырлану.* **3.** *Тереңдеп ойлу.*

**ШҰҚЫРЛАНУ** *Шұқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫРЛАС=** е т. с ө й л. ***Шұрқырас.***

**ШҰҚЫРЛАТ=** е т. *Шұқыр жасату.*

**ШҰҚЫРЛАТУ** *Шұқырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫРЛАУ**[1] *Шұқырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҚЫРЛАУ**[2] с ы н. *Сәл шұқыр болып келген.*

**ШҰҚЫРЛЫ** с ы н. *Шұқыры бар, ойлы-қырлы.*

**ШҰҚЫРЛЫҚ** с ы н. *Шұқыр қазарлық, шұқыр боларлық.*

**ШҰҚЫР-ТЕСІК** с ы н. с ө й л. ***Шұрық-тесік.***

**ШҰҚЫР-ҰРА** з а т. *Шұңқыр, ойық.*

**ШҰҚЫРША** з а т. *Кішкентай шұқыр.*

**ШҰҚЫРШАҚ** з а т. с ө й л. ***Шұқыршық.***

**ШҰҚЫР-ШҰҚАНАҚ** з а т. **1.** *Шұңқыр, ой, жыра.* **2.** *Қалтарыс, бұлтарыс, шұңқыр-шұңқырының бәрі.* **3.** *Қойын-қоныш.*

**ШҰҚЫР-ШҰҚЫР**[1] з а т. *Шұңқыр, ой, қалтарыстың бәрі.*

**ШҰҚЫР-ШҰҚЫР**[2] с ы н. **1.** *Шұрқ-шұрқ (тесілу).* **2.** а у ы с. *Әр жерден шошайған, сұстиған.*

**ШҰҚЫРШЫҚ** з а т. *Кішкентай шұқыр.*

**ШҰҚЫРШЫҚТАН=** е т. *Кішкентай шұқыр пайда болу.*

**ШҰҚЫС=** е т. *Қазысу, қопарысу.*

**ШҰҚЫТ**[1]**=** е т. с ө й л. **1.** ***Шоқыту.*** **2.** *Көзін шоқып, ағызып жіберу.*

**ШҰҚЫТ**[2]**=** е т. *Шұқылату, нұқыту.*

**ШҰҚЫТУ** *Шұқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰЛАН**[1] з а т. с ө й л. ***Шолан.***

**ШҰЛАН**[2] з а т. *Ұрғашы қасқыр.*

**ШҰЛАН**[3] с ы н. *Ақ пен көктің арасындағы түс.*

**ШҰЛҒА=** е т. **1.** *Шақыру, бұлғау.* **2.** с ө й л. ***Шұлғы.***

**ШҰЛҒАН=** е т. **1.** *Етік, пима, мәсі сияқты қонышты аяқкиімнің ішінен шұлғау орану.* **2.** *Орану, киіну.*

**ШҰЛҒАНУ** *Шұлған етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰЛҒАУ** з а т. *Қонышты аяқкиімнің ішінен аяққа орайтын мата.*

**ШҰЛҒАУДАЙ** с ы н. *Шұлғау секілді, шұлғау тәрізді.*

**ШҰЛҒАУЛАН=** е т. *Аяққа шұлғау орану.*

**ШҰЛҒАУЛАНУ** *Шұлғаулан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰЛҒАУЛЫҚ** с ы н. *Шұлғауға жарарлық, шұлғау боларлық.*

**ШҰЛҒАУСЫЗ** с ы н. *Шұлғауы жоқ.*

**ШҰЛҒУ** *Шұлғы етістігінің қимыл атауы; мақұлдау, келісу, қабылдау.*

**ШҰЛҒУШЫ: бас шұлғушы.** *Басын изеуші, мақұл көруші адам.*

**ШҰЛҒЫ=** е т. **1.** *Аттың шыбындауы, басын изеңдетуі.* **2.** *Адамның басын жоғары-төмен изеуі, біреудің ойына келісуін білдіруі.*

**ШҰЛҒЫҒЫШ: бас шұлғығыш.** *Мақұл көргіш, көнгіш.*

**ШҰЛҒЫЛА=** е т. *Басын қайта-қайта изеу, шұлғу.*

**ШҰЛҒЫМА** з а т. ж е р г. *Дойбы ойынында жүрер жердің болмай қалуы, зәкет.*

**ШҰЛҒЫНА** ү с т. *Серпіле, құлшына.*

**ШҰЛҒЫП-МҰЛГІП** ү с т. *Қалғып, ұйқысырап.*

**ШҰЛҒЫП-ШҰЛҒЫП** ү с т. *Қайта-қайта басын шұлғып, изеп.*

**ШҰЛҒЫС=** е т. *Мақұлдасу, келісу, келіскенін білдіріп бастарын изесу.*

**ШҰЛҒЫСУ** *Шұлғыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰЛҒЫТ=** е т. **1.** *Атты аяқ астынан шаптыра жөнелу, қамшы басу.* **2.** а у ы с. *Мойындату, келістіру.* **3.** *Бір нәрсені әрі-бері қозғау.* **4.** *Қалғыту, ұйқысын келтіру.* **5.** *Ұйытып, өзіне қаратып тыңдату, бір ауыздан келістірту.*

**ШҰЛҒЫТУ** *Шұлғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰЛЫҚ** з а т. **1.** *Аяқкиімнің ішінен киетін тоқыма зат.* **2.** *Мәшиненің тетігі.*

**ШҰЛЫҚ=** ет. **1.** *Сіңу, шылану.* **2.** *Дымқылдану, сулану, шылқу.*

**ШҰЛЫҚША** ү с т. *Шұлыққа ұқсатып.*

**Шұлықша тоқу.** қ о л ө н е р. *Айналдыра тоқығанда үнемі оң шалумен тоқу; жазып тоқығанда – бір қатарды (тоқыманың оң жағынан) оң шалумен, екінші қатарды (тоқыманың теріс жағынан) теріс шалумен тоқу.*

**ШҰЛЫҚ-ПҰЛЫҚ** з а т. с ө й л. *Аяққа киетін шұлық, шұлғау т.б. сияқты ұсақ-түйектер.*

**ШҰЛЫҚСЫЗ** с ы н. *Шұлық кимеген, шұлығы жоқ.*

**ШҰЛЫҚТЫ** с ы н. *Шұлық киген, шұлығы бар.*

**ШҰЛЫҚ-ҰЙЫҚ** з а т. *Шұлық түрлері.*

**ШҰЛЫҚШАҢ** ү с т. *Шұлық киген қалпы.*

**ШҰНАЙ** з а т. к ө н е. *Жоғары лауазымды адам (хан, патша т.б.).*

**ШҰНАЙ=** е т. *Шұнақ болу, шұнтию.*

**ШҰНАҚ**[1] з а т. ө с. *Сабағы ұзын, басы келтебас, жапырақтары ірі, гүлі майда, көк түсті көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШҰНАҚ**[2] с ы н. **1.** *Құлағының ұшы кесілген я жабысып біткен.* **2.** а у ы с. *Келте, қысқа.*

**Шұнақ заман.** *Қиын-қыстау, тар заман.* **Шұнақ күн.** *Қысқа күн, уақыт.* **Шұнақ қар!** *Қыз, әйелге айтылатын кейіс сөз (кейде наз ретінде айтылады).* **Шұнақ құдай.** с ө й л. э к с п р. *Қатты қапаланғанда, үнемі сәтсіздік бола бергенде саңырау, тілегіңді естімейтін құдай деген мағынада айтылады.*

**ШҰНАҚГҮЛ** з а т. ө с. *Гүлі шұнақтың гүлі іспеттес, бірақ ірірек келетін жертағандап өсетін, аласа өсімдік.*

**ШҰНАҚТА=** е т. с ө й л. ***Шұнаңда.***

**ШҰНАҚТАУ** с ы н. *Құлағының қалқаны кішілеу; келтелеу, қысқалау келген.*

**ШҰНАМДАЙ** с ы н. *Кішкентай, қысқа, титтей.*

**ШҰНАМЫР** с ы н. е с к і кіт. *Шұнақ.*

**ШҰНАҢ** е л і к. *Құтыңдаған қысқа жеңіл қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шұнаң етті [қақты].** *Құтыңдады, шыбжың қақты, шошаңдады.*

**ШҰНАҢДА=** е т. **1.** *Шыбжыңдау, шошаң-шошаң ету.* **2.** *Құтың қағу, шошаңдау.*

**ШҰНАҢДАУ** *Шұнаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰНАҢ-ШҰНАҢ** е л і к. *Құтыңдаған қайталама жеңіл қимылды бейнелейтін сөз // Шошаң-шошаң етіп, қайта-қайта шыбжыңдап.*

**Шұнаң-шұнаң етті [қақты].** *Шошаңдады, қайта-қайта шыбжыңдады.*

**ШҰНТАҢДАП=** ү с т. *Ақсаңдап, шошаңдап.*

**ШҰНТИ=** е т. **1.** *Қып-қысқа болып сымпию, құнтию.* **2.** *Құлағы шұнақтану.*

**ШҰНТИТ=** ет. *Қып-қысқа етіп, шұнақ қылып кесу, қиып тастау.*

**ШҰНТИТУ** *Шұнтит етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰНТИЮ** *Шұнти етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰНТЫҢДА=** ет. сөйл. ***Шұнаңда.***

**ШҰҢАЙТ** зат. жерг. *Құнарлы, шұрайлы әрі терең.*

**ШҰҢҒЫ=** ет. сөйл. *Шұңқырлау, шұқырлау.*

**ШҰҢҒЫЛ** сын. **1.** *Түбі тереңдеу, шұңқырлау (аяқ, табақ).* **2.** *Түбі терең, шұңқыр (көл, сай).*

**Шұңғыл көз.** *Шүңірек көз.*

**ШҰҢҒЫЛАН** зат. *Шұңқыр, шұқыр.*

**ШҰҢҒЫЛДА=** ет. *Шұңғыл ету, шұңқырлау.*

**ШҰҢҒЫЛДАН=** ет. **1.** *Шүңірею.* **2.** *Шұңқырлану, шұқырлану.* **3.** *Ортаю, бітейін деу.*

**ШҰҢҒЫЛДАНУ** *Шұңғылдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҒЫЛДАТ=** ет. *Шұңғыл ету, шұңқырлату.*

**ШҰҢҒЫЛДАТУ** *Шұңғылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҒЫЛДАУ**[1] сын. **1.** *Сәл шұңғыл боп келген.* **2.** *Түбі тереңдеу, шұңқырлау (өзен, көл, сай).* **3.** *Шүңірейгендеу.*

**ШҰҢҒЫЛДАУ**[2] *Шұңғылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҒЫЛДЫҚ** сын. *Шұңғыл болып келгендік.*

**ШҰҢҒЫЛША** үст. *Шұңғыл сияқты, шұңғылданып.*

**ШҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛ** сын. *Шұңқыр-шұңқыр, ойық-ойық.*

**ШҰҢҒЫМА** зат. **1.** *Ішінде суы бар, көлемді әрі терең шұңқыр.* **2.** геогр. *Мұхит шарасының тереңдігі 5 мың метрден астам ұзынша әрі жіңішке, ойыңқы бөлігі. // Шым-шытырық, қым-қиғаш (ой).*

**ШҰҢҒЫМАДАЙ** сын. *Шұңғыма секілді.*

**ШҰҢҒЫМАЛЫ** сын. *Шұңғымасы бар.*

**ШҰҢҚИТ=** ет. сөйл. ***Шұнтит.***

**ШҰҢҚЫЛДАУ** сын. сөйл. ***Шұңғылдау.***

**ШҰҢҚЫР**[1] зат. *Қазылған, ойылған жер, тереңдеу, шұқыр.*

**ШҰҢҚЫР**[2] зат. жерг. *Шай ішетін құлақты ыдыс.*

**ШҰҢҚЫРАЙ=** ет. **1.** *Бетінде шұңқыр пайда болу, шұқыраю.* **2.** *Құшиыңқырау, құшию.* **3.** *Тереңдеу, төмендеу.*

**ШҰҢҚЫРАЙТ=** ет. **1.** *Алақанын шұңғылдату.* **2.** *Көзін шүңірейту.*

**ШҰҢҚЫРАЙТУ** *Шұңқырайт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҚЫРАШ** зат. *Кішкентай шұңқыр, шұқыр.*

**ШҰҢҚЫРАЮ** *Шұңқырай етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҚЫРЛА=** ет. *Шұңқыр жасау, шұңқыр ету.*

**ШҰҢҚЫРЛАН=** ет. **1.** *Үңірею, тереңдей түсу.* **2.** *Бетінде шұқыр пайда болу.*

**ШҰҢҚЫРЛАНУ** *Шұңқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҚЫРЛАУ**[1] сын. *Әжептәуір, біршама шұңқыр.*

**ШҰҢҚЫРЛАУ**[2] *Шұңқырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰҢҚЫРЛЫ** сын. *Шұңқыры бар.*

**ШҰҢҚЫРСАЛМА** зат. жерг. *Кеспе сияқты сұйық тамақ.*

**ШҰҢҚЫРША** зат. **1.** *Кішкентай шұңқыр, шұқыр.* **2.** кен. *Жерасты қазбалары еденіндегі діңгектерді немесе шегеннің басқа да тіреу элементтерін орнату және орнықтылығын қамтамасыз етуге арналған ойма.*

**ШҰҢҚЫРШАҚ** зат. **1.** *Кішкентай шұңқыр, жыра.* **2.** *Алақанның ортасы.* **3.** *Беттің сәл шұңқырайған жері.*

**ШҰҢҚЫР-ШҰҚАНАҚ** зат. *Ойдым-ойдым, шұқыры көп жер.*

**ШҰҢҚЫР-ШҰҢҚЫР** зат. *Шұқыр, шұқанақ.*

**ШҰП-ШҰБАР** сын. **1.** *Тіптен шұбар, шұбар-шұбар.* **2.** *Секпіл-секпіл.* **3.** ауыс. *Өзге тіл көп араласқан, таза емес.* **4.** ауыс. *Суық жүзді, салқын қабақты, реніші бар.*

**ШҰП-ШҰҚЫР** сын. *Өте шұқыр, көбірек шұңқырайған.*

**ШҰП-ШҰНАҚ** сын. *Құлағы орнымен жоқ, шұнтиып қалған.*

**ШҰП-ШҰҢҒЫЛ** сын. *Өте шұңғыл.*

**ШҰП-ШҰҢҚЫР** сын. сөйл. *Өте шұңқыр, көбірек шұңқырайған.*

**ШҰПЫРЛАС=** ет. *Жыпырласу, қаптау.*

**ШҰР**[1] зат. этн. ойын. *Асық ойынының түрі.*

**ШҰР**[2] елік. *Бос қуыстармен сұйық зат өткендегі немесе кейбір құстар мен жәндіктердің үн шығарғандағы қысқа дыбысын білдіретін сөз.*

**Шұр етті.** а) *Кенеттен үркіп шұрқырады.* ә) *Шу ете қалды.* б) *Ішегі шұрылдады.*

**ШҰРА: шұра салу.** этн. кәс. *Малды жуасыту үшін қолданылатын әдіс.*

**ШҰРАЙ**[1] зат. **1.** этн. *Қазының ең семіз, майлы жері.* **2.** *Жердің ең құнарлы, таңдаулы бөлігі; суы, оты мол жер.* **3.** *Таңдаулысы, көркемдісі, алдыңғысы.*

**ШҰРАЙ**[2]**: шұрай салды.** *Атты тағалар алдында немесе асауды бастықтыру үшін ернін бір нәрсемен қысып буып, бұрау салды.*

**ШҰРАЙЛА=** ет. *Аттың ерніне шұрай салу.*

**ШҰРАЙЛАН=** ет. **1.** *Маңызы шығу, шұрай пайда болу, құнарлану.* **2.** ауыс. *Жақсару, жетілу, сапасы көтерілу.*

**ШҰРАЙЛАНДЫР=** ет. *Құнарландыру, шырайын шығару, жердің, жайылымның құнарын кіргізу.*

**ШҰРАЙЛАНДЫРУ** *Шұрайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРАЙЛАНУ** *Шұрайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРАЙЛАУ** *Шұрайла етістігінің қимыл атауы; аттың ернін бұрап ұстау.*

**ШҰРАЙЛЫ** сын. **1.** *Жері бай, шөбі құнарлы.* **2.** сөйл. ***Шырайлы.*** **3.** ауыс. *Етті, майлы.* **4.** *Маңызды, таңдаулы.* **5.** ауыс. *Қызықты, есте қаларлық.*

**Шұрайлы жер.** *Топырағы құнарлы, мал жайылымға сайлы, шөбі бітік, суы бар жер.* **Шұрайлы тіл [сөз].** *Сөзге бай, көркем, мағыналы, шешен айтылған сөз.* **Шұрайлы шығарма [туынды].** *Көркем шығарма, туындыларының ішіндегі ең таңдаулысы.*

**ШҰРАЙЛЫЛАУ** сын. *Еті молдау, майлылау.*

**ШҰРАЙЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Жердің жайылымның құнарлығы, сайлылығы.* **2.** ауыс. *Шығарма тілінің көркемдігі, байлығы.*

**ШҰРАЙСЫЗ** сын. **1.** *Жері, жайылымы көпке бай емес, құнарсыз.* **2.** ауыс. *Көркемдігі төмен, нәс.*

**ШҰРАҚ** сын. көне. *Дүрдек (ерін).*

**ШҰРАЛА=** ет. *Аттың үстіңгі ернін бұрап жуасыту.*

**Шұралаған асаудай [шұралап бұрау салғандай].** *Шыңғырып, мәңгіріп.*

**ШҰРАЛАН=** ет. *Шұра салыну, байлану.*

**ШҰРАЛАУ** *Шұрала етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРАН** зат. өс. *Тау сағаларында өсетін, әрі биік, әрі сабағы ірі әрі жуан, мал жемейтін өсімдік.*

**ШҰРАТ** зат. **1.** *Суы, оты мол жайылымдық жер.* **2.** геогр. <лат. oasis> *Шөл және шөлейтті өңірлердегі ағаш аралас шөптесін өсімдік өскен көгалды алқап.* **3.** *Антарктиданың мұздан бос шеткі бөлігі.*

**ШҰРАТТАЙ** сын. *Шұрат секілді, шұрат тәрізді.*

**ШҰРАТТЫ** сын. *Суы, оты мол.*

**ШҰРАТ-ШҰРАТ** зат. *Суы, шөбі мол (жерлер).*

**ШҰРҚ**[1] елік. *Қазандағы сұйық емес, қоюлау тамақ қайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шұрқ етпе.** *Дымың ішінде болсын, қам жеме.*

**ШҰРҚ**[2] елік. *Жыпырлаған көп тесікті, жыртықты бейнелейтін сөз.*

**Шұрқ тесік.** а) *Сау тамтығы жоқ, тесік-тесік.* ә) *Шаруасы қисайған, жағдайы нашар.* б) *Жыртық-жыртық, ескі.* в) *Адыр-бұдыр, кедір-бұдыр.* г) *Жарым, көңілсіз.* **Шұрқ тесілді.** *Ойылып-ойылып тесілді.*

**ШҰРҚАЙ=** үст. *Аңқыта (шабу).*

**ШҰРҚАН**[1] зат. этн. тамақ. ***Майшұрқан*** *(семіз ет, құйрық, өкпе, бүйрек қосып қайнатып, үстіне талқан немесе ұн салып дайындаған қуырдақтың бір түрі).*

**ШҰРҚАН**[2] зат. **1.** *Әлек, бейнет, бәлекет.* **2.** *Қалдық, жұрнақ.*

**Шұрқан салды [шығарды].** *Шатақ шығарып, әлек салды; ылаңдады.*

**ШҰРҚАТ** зат. жерг. *Ой, ояң жер.*

**ШҰРҚА-ШҰРҚА** елік. *Быт-шыт.*

**ШҰРҚ-ШҰРҚ**[1] сын. **1.** *Сау тамтығы жоқ, тесік-тесік.* **2.** ауыс. *Ауыр, қатты бататын.*

**ШҰРҚ-ШҰРҚ**[2] елік. **1.** *Қазандағы сұйық емес, қою тамақ қайта-қайта бырқылдап қайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* **2.** *Суы көп лай-батпақты басқанда қорсылдап шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шұрқ-шұрқ етті.** *Шұрқ-шұрқ деген дыбыс шығарды.* **Шұрқ-шұрқ қайнады.** *Бұрқ-сарқ етпей, бабымен қайнады.*

**ШҰРҚЫЛ** зат. *Шұрқ-шұрқ еткен дыбыс.*

**ШҰРҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шұрқ-шұрқ етіп қайнау.* **2.** *Жүрегі сазып, қарны ашу, шұрқырау.*

**ШҰРҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шұрқ-шұрқ еткізіп, қайнату.* **2.** *Суды, сұйық затты екінші бір ыдысқа шұрқ-шұрқ еткізіп құю.*

**ШҰРҚЫЛДАТУ** *Шұрқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРҚЫЛДАУ** *Шұрқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРҚЫЛТАЙ** зат. анат. *Буғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер.*

**ШҰРҚЫНДЫ** сын. *Шырматылған, тордай болып оратылған.*

**ШҰРҚЫР** зат. *Шұрқыраған дыбыс.*

**ШҰРҚЫРА=** ет. **1.** *Жылқының бір-біріне ұн берісіп немесе мазасызданып кісінеуі.* **2.** ауыс. *Жақсы жолдастардың немесе жақын таныстардың кездескендегі даурығыса табысуы, амандық-саулық сұрап, улап-шулауы.*

**ШҰРҚЫРАС=** ет. **1.** *Бір топ жылқының кісінеп қоя беруі.* **2.** ауыс. *Жақын таныстардың кездескендегі даурыға табысып, улап-шуласуы.*

**ШҰРҚЫРАСУ** *Шұрқырас етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРҚЫРАТ=** ет. **1.** *Жылқыға тиіп кісінету, шошындыру.* **2.** *Төлді енелерінен ажыратып маңыратып қою.* **3.** *Жүректі саздырып, қарнын аштыру, шұрқылдату.*

**ШҰРҚЫРАТУ** *Шұрқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРҚЫРАУ** *Шұрқыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жылқының мазасызданып кісінеуі.* **2.** ауыс. *Жақын жолдас, таныс адамдардың кездескенде бір-бірімен даурыға табысуы, улап-шуласуы.* **3.** ауыс. *Жан түршігерлік дауыс шығару, у-шу болу.*

**ШҰР-ШҰР** елік. *Бос ыдыс не кеңістікке сұйықтық құйылғанда шығатын дыбысқа ұқсас дыбыстарды білдіретін сөз.*

**Шұр-шұр етті.** а) *Шұрылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Іші шұрқырап, қарны ашты.*

**ШҰРЫҚ**[1] зат. вет. *Сиырдың тышқақ боп ауырып, қабырғасынан, шабынан, бүйірінен тесіліп, қарын, ішегі терісінің ішін ала сыртына бұлтиып, шығып тұратын аурудың аты.*

**ШҰРЫҚ**[2] зат. **1.** *Сай, ойық.* **2.** *Тесік, саңылау.*

**ШҰРЫҚ**[3]**: шұрық етпе.** сөйл. ***Шұрқ етпе.***

**ШҰРЫҚТА=** ет. *Шұрық тесік ету, ойдым-ойдым қылу.*

**ШҰРЫҚ-ШҰРЫҚ** сын. сөйл. *Тесік-тесік, сау жері жоқ.*

**ШҰРЫЛ** зат. *Шұрылдап, шұрқырап шыққан дыбыс; құрыл.*

**ШҰРЫЛДА=** е т. **1.** *Құстың шұр-шұр етіп ұшуы.* **2.** *Бақаның құрылдауы.* **3.** *Судың, сұйық заттың шорылдап ағуы.* **4.** а у ы с . *Ішегі шұрқырап, қарны ашу.* **5.** а у ы с . *Тұла бойды түршіктіру, дыңылдатып-тызылдатып жіберу.*

**ШҰРЫЛДАП-ШУЫЛДАП** ү с т . *Шұрылдаған, шуылдаған дыбыстар шығарып.*

**ШҰРЫЛДАС=** е т. *Шұрқырасу, уласып-шуласу, арқа-жарқа болысу.*

**ШҰРЫЛДАТ=** е т. *Шұрқырату, шұр-шұр еткізу.*

**ШҰРЫЛДАТУ** *Шұрылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРЫЛДАУ** *Шұрылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШҰРЫМ-БҰРЫМ** з а т . с ө й л . *Ұсақ-түйек, майда-шүйде.*

**ШҰРЫП** з а т . *Шұңқыр, шұқыр.*

**ШҰШТИ=** е т. *Шошаю, шұштию.*

**ШҰШТИТ=** е т. *Шошайту, шұштиту.*

**ШҰШТИТУ** *Шұштит етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮБА** з а т . с ө й л . ***Шүбә.***

**Шүба келтірді**. *Күмәнданды, сенбеді.* **Шүба келтірмеді**. *Кәміл сенді, күдік келтірмеді.* **Шүбамен қарады**. *Күдікпен қарады, сенбеді, сенімсіздік білдірді.* **Шүбасы жоқ.** *Сенімді, күдіксіз.*

**ШҮБАЛАН=** е т. с ө й л . ***Шүбәлан.***

**ШҮБАЛАНУ** *Шүбалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮБАЛЫ** с ы н . с ө й л . ***Шүбәлі.***

**ШҮБАСЫЗ** с ы н . с ө й л . ***Шүбәсіз.***

**ШҮБӘ** [ар. شبهة ] з а т . *Көзі анық жетпегендіктен туған күмән, күдік.*

**Шүбә етті [қылды]**. *Күдіктенді, күмән келтірді.* **Шүбә жоқ**. *Күдіксіз, анық, сенімді.* **Шүбә келтіру.** *Сенбеушілік білдіру, күмәндану.* **Шүбә қалмады**. *Кәміл сенді, күдіктенбеді.*

**ШҮБӘ-КҮДІК** з а т . *Сенімсіздік, күмәнділік.*

**ШҮБӘЛАН=** е т. *Күмәндану, күдіктену, сенбеу.*

**ШҮБӘЛАНДЫР=** е т. *Күмәндандыру, күдік туғызу.*

**ШҮБӘЛАНДЫРУ** *Шүбәландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮБӘЛАНУ** *Шүбәлан етістігінің қимыл атауы; күдіктену, күмәндану.*

**ШҮБӘЛАНУШЫ** з а т . *Күдіктенуші, сенбеуші, күмән келтіруші.*

**ШҮБӘЛАНУШЫЛЫҚ** з а т . *Күмәндanушылық, күдіктенушілік, сенімсіздік.*

**ШҮБӘЛАҢ** з а т . *Күмән, күдік.*

**ШҮБӘЛЫ** с ы н . *Күмәнды, күдікті.*

**ШҮБӘЛЫЛЫҚ** з а т . *Күмәнданғандық, күдіктенгендік.*

**ШҮБӘЛІ** с ы н . с ө й л . ***Шүбәлы.***

**ШҮБӘСЫЗ** с ы н . *Күмәнсыз, күдіксіз.*

**ШҮБӘСЫЗДЫҚ** з а т . *Күмәнданбаушылық, күдіксіздік.*

**ШҮБӘСІЗ** с ы н . с ө й л . ***Шүбәсыз.***

**ШҮБӘШІЛ** с ы н . *Күдіктенгіш, күмәнданғыш.*

**ШҮБЕРЕК** з а т . **1.** *Қиылған я жыртылған шағын мата. // Шүберектен жасалған.* **2.** э т н . *Үйге келген адамға, қонаққа құр қол шықпасын деген ырыммен беретін сый-құрмет белгісі.* **3.** а у ы с . *Көйлек-көншек, киім-кешек.* **4.** *Белгілі бір қасиетті жерге немесе белгі салу мақсатында ағашқа, бағанаға байланатын шағын жыртыс.*

**Шүберек бас [ты]**. с ө й л . *Ақылы таяз әйел адамға қатысты айтылатын сөзқолданыс.*

**ШҮБЕРЕКТЕЙ** с ы н . *Боп-боз, құп-қу, сұпсұр (өң, түс).*

**ШҮБЕРЕКТЕН=** е т. о к к а з. *Сұрлану, бозару, құару.*

**ШҮБЕРЕКТЕНУ** *Шүберектен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮБЕРЕКШЕ** ү с т . **1.** *Шүберек секілді, шүберек тәрізді.* **2.** *Боп-боз болып, құарып-сұрланып.*

**ШҮБІРЛЕ=** е т. *Шүбыру, шұбатылу.*

**ШҮБІРЛЕС=** е т. *Шұпірлесіп үйіліп-төгілу.*

**ШҮГЕЙ** з а т . ж е р г . *Жырау, халық жырларын жатқа айтатын адам.*

**ШҮДІГАР** з а т . ж е р г . ***Сүдігер*** *(күзде жыртылған жер).*

**ШҮЙ**[1] з а т . **1.** *Ағаштан жасаған жуан қазық, қада.* **2.** ж е р г . *Өгіз қамыттың бір жағына кигізетін темір таяқша.*

**ШҮЙ**[2] з а т . е г і н ш а р . *Жыртылмай қалған жер.*

**ШҮЙ**[3]**: шүй желке.** а) *Шодырайған май басып тұтасқан желке.* ә) *Бай-манап, би-болыс деген мағынада.* б) *Шүйдесін қыртыс-қыртыс май басқан семіз адам туралы айтылады.*

**ШҮЙ**[4] з а т . ж е р г . ***Өңір.***

**ШҮЙ=** е т. **1.** *Қыран құстың аспаннан, жоғарыдан төмен қарай құлдилай ұшуы; шүйілу, шүйілгу.* **2.** а у ы с . *Қабағын түйіп қарау.* **3.** а у ы с . *Көз тігу, қадалу.* **4.** а у ы с . *Басын изеу, мақұлдау.* **5.** а у ы с . *Ұнату, қалау.*

**ШҮЙГӨЙ** с ы н . ж е р г . *Әңгімешіл, ескі әңгімені, жырды көп білетін адам; жырау.*

**ШҮЙГУ**[1] *Шүйгі*[1] *етістігінің қимыл атауы тойыну.*

**ШҮЙГУ**[2] *Шүйгі*[2] *етістігінің қимыл атауы; шүйілу.*

**ШҮЙГІ**[1]**=** е т. **1.** *Малдың тойынуы, жем-шөптің мол болуы.* **2.** а у ы с . *Белшесінен бату, кенелу, қарық болу.* **3.** а у ы с . *Жетісу, асып-тасу.*

**ШҮЙГІ**[2]**=** е т. **1.** ***Шүй*** *(шүйілу, шүйілгу).* **2.** а у ы с . *Тереңдеу.* **3.** а у ы с . *Шауып жүру, шапқылау, бірінен екіншісіне өту, орын ауыстыру.*

**ШҮЙГІЗ=** е т. *Малды тойындыру, көкке жайғызу.*

**ШҮЙГІЗУ** *Шүйгіз етістігінің қимыл атау.*

**ШҮЙГІН** з а т . *Қалың өскен құнарлы шөп; оты мол, суы соны, шұрайлы жер.*

**Шүйгін үзді.** ж е р г . *Мейірін қандырды.*

**ШҮЙГІНДЕ=** е т. **1.** *Шүйгінге жайылу.* **2.** *Шөптің қалың болып өсуі.* **3.** а у ы с . *Жақындау, жылжу.*

**ШҮЙГІНДЕНДІР=** е т. *Шөбін молайту, шұрайландыру.*

**ШҮЙГІНДЕНДІРУ** *Шүйгіндендір етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙГІНДЕТ=** е т. *Малды шүйгінге жаю.*

**ШҮЙГІНДЕТУ** *Шүйгіндет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙГІНДЕУ**[1] с ы н . *Шүйгіні молырақ.*

**ШҮЙГІНДЕУ**[2] *Шүйгінде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙГІНДІ** с ы н . *Шөбі құнарлы, қалың.*

**ШҮЙГІНСІЗ** с ы н . *Шүйгіні жоқ, тақыр.*

**ШҮЙГІНШӨП** з а т . ө с. с ө й л . ***Шүйіншөп*** *(валериан тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік; емдік шөптердің бір түрі).*

**ШҮЙГІР** з а т . с ө й л . ***Шүйгін.***

**ШҮЙГІТ=** е т. **1.** *Малды шүйгінге жайғызу.* **2.** а у ы с . *Тереңдеп сүңгіту.* **3.** а у ы с . *Батыру, кенелту.*

**ШҮЙГІТУ** *Шүйгіт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙДЕ** з а т . **1.** *Бастың желкеден жоғарғы жері; қарақұстың үстіңгі жағы.* **2.** а у ы с . *Балта, шот, кетпен т.б. заттардың басының сырт жағы, желкесі.*

**Шүйде желке.** с ө й л . ***Шүй желке***.

**Шүйдесін көрсетті**. *Теріс бұрылды.*

**ШҮЙДЕК-ТҮЙДЕК** с ы н . *Түйдектелген, түйір-түйір.*

**ШҮЙДЕЛЕ=** е т. **1.** *Шүйде тұсынан ұруға дәлдеу, ұру.* **2.** а у ы с . *Ырғалып-жырғалу, созылу, түйдектелу.*

**ШҮЙДЕЛЕН=** е т. *Шүйдесі шығып, семіру, қоңдану.*

**ШҮЙДЕЛЕНУ** *Шүйделен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙДЕЛЕУ** *Шүйделе етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙДЕЛІ** с ы н . *Шүйдесі шыққан, шүйдесін май басқан.*

**ШҮЙДЕРКЕ** з а т . ж е р г . *Ат жеккенде көтермені асып қоятын кішкентай ер тәрізді әбзел.*

**ШҮЙДІМ** с ы н . *Кішкентай, шөкімдей.*

**ШҮЙЕБӨРІ** з а т . с ө й л . ***Шибөрі.***

**ШҮЙЕБӨРІДЕЙ** с ы н . *Шибөрі секілді, шүйебөрі тәрізді.*

**ШҮЙЕЛ** с ы н . *Бүгілген, майысқан.*

**ШҮЙЕЛЕ=** е т. *Белін жазбай бүктетіліп тұру.*

**ШҮЙЕЛЕЙ** ү с т . *Тура, тікелей.*

**ШҮЙЕЛЕН=** е т. *Бел жазбай, бүктетілу.*

**ШҮЙЕЛЕУ** *Шүйеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙКЕ**[1] з а т . *Есуге, ііруге арнап, шумақтап оралған, түтілген жүн; алдын ала дайындалған жүн шумағы. // Кіп-кішкентай, шағын (көбінесе шөгіп, бір уыс болып қалған қарт адамға қатысты айтылады).*

**Шүйке жүн**. *Шумақ, бір орам жүн.* **Шүйке кемпір.** *Өзі арық, дене тұрқы шағын кәрі әйел.*

**ШҮЙКЕ**[2] з а т . с ө й л . ***Шүйде.***

**ШҮЙКЕБАС**[1] з а т . к е к е с і н . *Жаңа түскен жас келін, келіншек; көбінесе қыз-келіншекке қатысты айтылатын оспақ сөз.*

**ШҮЙКЕБАС**[2] з а т . ө с . ***Шоқшүйке*** *(үстін ақ түсті, майда түк басқан далалы жерлерде өсетін, үлпекбас гүлді өсімдік).*

**ШҮЙКЕБАС-МҮЙКЕБАС** з а т . с ө й л . ***Қыз-қырқын.***

**ШҮЙКЕБАСТАН=** е т. *Әйел сияқты болу, әйелге тән мінез көрсету.*

**ШҮЙКЕБАСТАУ** с ы н . *Жастау (әйел туралы).*

**ШҮЙКЕДЕЙ** с ы н . **1.** *Кіп-кішкентай, бір уыс.* **2.** *Буыны қатпаған, жап-жас (қыз туралы).*

**ШҮЙКЕЛЕ=** е т. **1.** *Ііруге, есуге қолайлы болу үшін түтілген, созылған жүнді шумақтай орау; шүйке жасау.* **2.** *Шумақ-шумақ, шоғыр-шоғыр ету.* **3.** а у ы с . *Шүйке-шүйке етіп бөлшектеу.*

**ШҮЙКЕЛЕН=** е т. **1.** *Түтілген, созылған жүннің шумақтай оралуы, шүйке жасалу.* **2.** *Түйдек-түйдек болып ұйысу.* **3.** *Будақ-будақ болу, шумақталу (шаң, түтін, бұлт т.б.).*

**ШҮЙКЕЛЕНУ** *Шүйкелен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙКЕЛЕУ** *Шүйкеле етістігінің қимыл атауы; жүнді шумақтай орау, шүйке жасау.*

**ШҮЙКЕЛІ** с ы н . **1.** *Шүйкесі бар, басына шүйке қыстырған (ұршық).* **2.** *Қолына шүйке ұстаған.* **3.** *Жүнді, жүні қалың өскен.*

**ШҮЙКЕЛІК** с ы н . *Шүйке жасауға арналған.*

**Шүйкелік жүн.** қ о л ө н е р . *Түтіліп, сабалған жүнді жаймалап қойған қыл үстіне жазып салып, шүйке жасауға дайындалған жүн.*

**ШҮЙКЕМ** з а т . с ө й л . ***Шүйке.***

**ШҮЙКЕСІЗ** с ы н . *Шүйкесі жоқ, шүйке ұстамаған.*

**ШҮЙКЕШЕ** ү с т . *Шүйкеге ұқсап (бүйраланып, шұбатылып).*

**ШҮЙКЕ-ШҮЙКЕ** с ы н . *Шүйкеленген, шумақ-шумақ.*

**ШҮЙКИ=** е т. с ө й л . ***Шүңки.***

**ШҮЙКИЮ** *Шүйки етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙКІ** с ы н . *Кішкентай.*

**ШҮЙКІМДЕЙ** с ы н . *Кіп-кішкентай, шөкімдей.*

**ШҮЙЛЕ=** е т. *Қадалу, шүйілгу.*

**ШҮЙЛЕ=** е т. ж е р г . *Біреуді біреуге айдапсалу, біреулердің арасын ушықтыру, қайрау.*

**ШҮЙЛЕҢКІ** з а т . т а м а қ . *Балықтың жон етінен жасалатын тағам.*

**ШҮЙЛЕУ** *Шүйле етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙЛІГУ** *Шүйлік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қыран құстың түсетін жеміне қарай зулай ұшуы, шүйілуі.* **2.** а у ы с . *Қаһар төгу, ызғар шашу, тиісу.*

**ШҮЙЛІГУШІ** з а т . *Тиісуші, жазғырушы.*

**ШҮЙЛІК=** е т. **1.** *Қыран құстың түсетін жеміне қарай зулай ұшуы, шүйілуі.* **2.** а у ы с . *Біреуге қарадай тиісу, жазықсыз жазғыру, ызбарлану.*

**ШҮЙЛІКТІР=** е т. **1.** *Қыран құсты жеміне қарай зулатып ұшыру, шүйілдіру.* **2.** а у ы с . *Тиіскі-*

*зу, қаһар төккізу, ызғар шаштыру, ұрыстыру.* **3.** ауыс. *Қадалдыру, құмарландыру, айналсоқтату, қызықтыру.*

**ШҮЙЛІКТІРУ** *Шүйліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙЛІМ** зат. жерг. *Су жаңғағы.*

**ШҮЙМЕ** зат. кәс. жерг. *Зәкірдің бір тармағына байланатын жуан арқан (зәкірді суырып алу үшін).*

**ШҮЙМЕК: шүймек темір.** жерг. *Дөңгелек темір, қайықтың рулін кигізетін темір.*

**ШҮЙМИ=** ет. сөйл. ***Сүмірей.***

**ШҮЙШЕ** зат. жерг. **1.** *Шамның шишасы.* **2.** *Шыныдан жасалған ыдыс (бөтелке, банкі).*

**ШҮЙІК: шүйігін үзу.** жерг. *Мейірін қандыру.*

**ШҮЙІЛ=** ет. **1.** *Көктегі қыран құстың жердегі аңға қарай құлдилауы, зулап келіп төнуі.* **2.** әск. *Соғыс ұшағының оқ жаудыру мақсатында жерге жақын төніп келуі.* **3.** ауыс. *Қаһар төгу, ызғар шашу, ұрысу.* **4.** ауыс. *Үңілу, мұқият қарау, шұқшию.* **5.** ауыс. *Ұмтылу, қол созу.* **6.** ауыс. *Бүктетілу, бүгілу, еңкею.* **7.** *Төну.* **8.** ауыс. *Малдың шүйгіні мол, отты жерді көріп, сұғанақтана жайылуы.* **9.** ауыс. *Күннің бұлттанып, ашылмай түйіліп тұруы.* **10.** ауыс. *Сарқылу, азаю.*

**Шүйіле қарады.** а) *Сұсты көзбен ызғар шаша қарады.* ә) *Тесіле қарады, қадалды, үңілді.*

**ШҮЙІЛДІР=** ет. **1.** *Көктегі қыран құсты жердегі аңға қарай құлдилату, аңға салу.* **2.** әск. *Соғыс ұшағын жерге жақын ұшыру, төндіру.* **3.** ауыс. *Үңілту, мұқият қарату, шұқшиту.* **4.** ауыс. *Қаһар төккізу, ұрыстыру.*

**ШҮЙІЛДІРУ** *Шүйілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІЛТ=** ет. **1.** *Көктегі қыран құстың жердегі аңды алу үшін қанаттарын құжірейтіп төніп келуі.* **2.** ауыс. *Төндіру.* **3.** ауыс. *Қаһар төккізу, ызғар шаштыру.* **4.** ауыс. *Үңілту, шұқшиту.*

**ШҮЙІЛТУ** *Шүйілт етістігінің қимыл атауы; үңілту, шұқшиту.*

**ШҮЙІЛУ** *Шүйіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көктегі қыран құстың жердегі аңға қарай құлдилай ұшуы, төніп келуі.* **2.** // әск. <франц. piguer une tete> *Ұшақтың (планердің, қанаты ракетаның) тұрақты бұрышты траекториямен төмен құлдилауды орындайтын пилотаждық фигурасы.* **3.** ауыс. *Ызғар шашу, ызбарлану, қаһарын төгу.*

**ШҮЙІЛІМ¹** зат. өс. *Теңіз жиегінде, көлдерде өсетін бес бұрышты су жаңғағы.*

**ШҮЙІЛІМ²** зат. өс. *Шабындықта өсетін, биіктігі 2 метрдей, сабағы тік, күлгін түсті гүлі бар, дәрілік шөп.*

**ШҮЙІЛІҢКІРЕ=** ет. *Шүйіле, төне түсіңкіреу.*

**ШҮЙІЛІҢКІРЕУ** *Шүйіліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІЛІС** зат. *Шүйілгендік, төнгендік.*

**ШҮЙІЛІС=** ет. *Шүйілісу, төнісу.*

**ШҮЙІЛІСУ** *Шүйіліс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІН** зат. бот. *Дәрілік шөп.*

**ШҮЙІНГІ: шүйінгі үзу.** жерг. *Мейірім қандыру.*

**ШҮЙІНШӨП** зат. өс. <лат. valeriana> *Шабындықта өсетін, биіктігі 200 см-дей, сабағы тік, күлгін түсті гүлі бар, дәрілік шөп.*

**Шүйіншөп қышқылы**. хим. *Органикалық қанық қышқыл.*

**ШҮЙІНШІ** зат. сөйл. ***Сүйінші.***

**ШҮЙІНШІЛЕП** үст. сөйл. *Шүйінші-шүйінші деп, шүйінші сұрап.*

**ШҮЙІР=** ет. **1.** *Ернін, мұрнын жоғары қарай тұру, тыржиту.* **2.** ауыс. *Айналдыру, шиыру, дөңгеленту.* **3.** ауыс. *Лақтыру, төпелеу, тастау.* **4.** ауыс. *Қолдағы затты жоғары лақтырып, қайта қағып алу.* **5.** ауыс. *Күшею, түйілу.* **6.** ауыс. *Бар екпінімен оқталып келіп дәлдеп ұру.*

**ШҮЙІРКЕ** зат. *Жанға жағымды сөз, әңгіме-дүкен.*

**ШҮЙІРКЕЛЕ=** ет. **1.** *Әңгімеге кірісу, сыр айтысу.* **2.** ауыс. *Жылы тарту, жылы ұшырау.*

**ШҮЙІРКЕЛЕНІС=** ет. сөйл. ***Шүйіркелес.***

**ШҮЙІРКЕЛЕНІСУ** *Шүйіркеленіс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІРКЕЛЕС=** ет. *Сөйлесу, әңгіме-дүкен құру, жақын сыр тартысу.*

**Шүйіркелесе кетті [шүйіркелесіп амандасты].** *Өзара әңгімеге кірісті, сырласа жай-күй сұрасты.*

**ШҮЙІРКЕЛЕСУ** *Шүйіркелес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІРКЕЛЕУ** *Шүйіркеле етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІРКЕЛІК** сын. *Әңгіме, сөз боларлық.*

**ШҮЙІРКЕН=** ет. **1.** *Сүйсіну, жақтыру, мейірлену.* **2.** сөйл. ***Шүйіркелесу.***

**ШҮЙІРКЕНУ** *Шүйіркен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІРЛЕС=** ет. сөйл. ***Шүйіркелес.***

**ШҮЙІРЛЕСУ** *Шүйірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЙІРМЕК¹: шүйірмек темір.** жерг. *Дөңгелек темір, қайықтың рулін кигізетін темір.*

**ШҮЙІРМЕК²** зат. этн. тамақ. *Іркіттен қайнатылған майы алынбаған тұщы құрттың түрі.*

**ШҮЙІРМЕКТЕЙ** сын. *Шүйірмек сияқты.*

**ШҮЙІРУ** *Шүйір етістігінің қимыл атауы; мұрнын, ернін жоғары қарай тұру, тыржиту.*

**ШҮЙІРІЛ=** ет. **1.** *Мұрын, ерніңің жоғары қарай түрілуі, тыржитылуы.* **2.** *Айналу, дөңгелену, шиырылу.* **3.** ауыс. *Елпілдеу, елгезектену, асты-үстіне түсіп қалбалақтау.*

**ШҮЙІРІЛУ** *Шүйіріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мұрынның, ерніңің жоғары қарай түріліп, тыржитылуы.* **2.** *Жинақталу, топтасу, дөңгелену.*

**ШҮЙІРІНДІ** зат. *Мұрынның ұшы.*

**ШҮЙІРІС=** ет. **1.** *Мұрын, еріндерін жоғары түріп, тыржитысу.* **2.** ауыс. *Бір-бірін бар екпінімен оқталып келіп дәлдеп ұру, қару жұмсасу.*

**ШҮЙІРІСУ** *Шүйіріс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮКӘЙТТЕЙ** сын. сөйл. ***Шүкейттей.***

**ШҮКӘТІМ: шүкәтім жер.** жерг. *Бір аттам жер, қарыс жер.*

**ШҮКЕДЕЙ** сын. *Кішкентай, асықтай ғана.*

**ШҮКЕЙ** зат. сөйл. ***Шүкейт.***

**ШҮКЕЙТ** зат. **1.** *Ешкінің, киіктің кішкентай асығы.* **2.** ауыс. *Кішкентай, шағын.*

**ШҮКЕЙТТЕЙ** сын. *Кішкентай, титімдей.*

**ШҮКИ=** ет. сөйл. ***Шүкши.***

**ШҮКИТТЕЙ** сын. сөйл. ***Шүкейттей.***

**ШҮКИЮ** *Шүки етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮКӨЙТ** зат. сөйл. ***Шүкейт.***

**ШҮКРӘТ** зат. жерг. *Жеміс-жидектен жасалған кәмпиттің бір түрі.*

**ШҮКШИ=** ет. *Шүйкедей болып шошаю, қалқию.*

**ШҮКШИЮ** *Шүкши етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮКІМ** зат. сөйл. ***Шөкім.***

**ШҮКІМЕЙІТ** зат. жерг. *Киіктің, қарақұйрықтың асығы.*

**ШҮКІМЕТТЕЙ** сын. жерг. *Кішкентай, титтей.*

**ШҮКІР¹** [ар. شكر ] од. **1.** діни. *Алланың бергеніне ризамын, барға қанағат, жоққа салауат деген мағынадағы Құдайға тәубә деген сөз.* **2.** ауыс. *Амандық сұрасқанда қазақтың дәстүрлі мәдениетіне сәйкес тәуір, жақсы, жаман емес деген мағынадағы жауап сөз.*

**Шүкір етті [қылды].** *Ризалық білдірді, қанағат қылды.*

**ШҮКІР²** зат. өс. сөйл. ***Раугаш*** *(құмды жерде өсетін, ұзындығы 30 см-дей, жуандығы білектей, тамыры қант қызылшасына ұқсас өсімдік).*

**ШҮКІРАНА** зат. *Тәубешілік, ризалық, шүкіршілік; қанағатшылық.* // *Ортанқол, орташа.*

**Шүкірана етті [қылды, жасады].** *Шүкіршілік қылды, қанағат, ризалық білдірді.*

**ШҮКІРАНАЛЫҚ** зат. *Құдайға шүкіршілік, тәубелік.*

**ШҮКІРБОЯУ** зат. өс. жерг. ***Шүкір².***

**ШҮКІРЕЙ=** ет. сөйл. ***Шікірей.***

**ШҮКІРЛЕН=** ет. *Шүкірлік қылу, риза болу.*

**ШҮКІРЛЕУ** сын. *Тәуірлеу, жақсылау.*

**ШҮКІРЛІК** зат. діни. *Барға қанағат етушілік, Алланың бергеніне ризалық, жоққа сабырлық етушілік.*

**Шүкірлік айтты.** діни. *Барына ризалық білдірді.* **Шүкірлік етті [қылды].** діни. *Тәубе қылды, ризалық білдірді.*

**ШҮКІРСІЗДІК** зат. діни. *Риза болмаушылық, қанағат тұтпаушылық, тәубесі жоқтық.*

**ШҮКІРШІЛ** сын. діни. *Тобашыл, тәубешіл, шүкір, тоба деп жүретін.*

**ШҮКІРШІЛІК** зат. **1.** діни. *Құдайға шүкір, тәубе қылушылық, қанағат қылушылық.* **2.** психол. *Адамның барды қанағат тұтып, жаратылыс хикметінен ғибрат алып, тәубаға келушілігі, жоққа сабырмен қараушылық.* // этн. діни. *Амандық сұрасқанда мұсылман адамның барға ризамын, Алланың бергеніне қанағат, жоққа салауат етемін деген ниетпен білдіретін жауап сөз немесе ризашылықты білдіру сөзі.*

**Шүкіршілік етті [қылды].** *Ризалық білдірді, тәубе қылды.*

**ШҮКІРІМ** од. *Айналайын деген мағынадағы атауыш сөз.*

**ШҮЛГЕЛЕН=** ет. жерг. *Қырысу, қырысып-тырысу.*

**ШҮЛГЕЛЕНУ** жерг. *Шүлгелен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІК¹** зат. этн. ойын. *Жуандығы бас бармақтай, ұзындығы 15–20 см-дей, екі ұшы ұшталған кішкене ағашты таяқпен ұрып ойнайтын балалар ойыны.*

**ШҮЛДІК²** зат. өс. *Таулы жерде жабайы өсетін қызыл қоңыр түсті гүл.*

**ШҮЛДІК³** зат. кәс. *Диірмен тасының ортасына орнататын қада темір.*

**Шүлдік бас.** *Дәу бас.*

**ШҮЛДІКСАП** зат. этн. *Шүлдікті ұратын таяқ.*

**ШҮЛДІКШЕ** үст. *Шүлдік құсатып, шүлдік тәрізді.*

**ШҮЛДІР** елік. *Шүлдірлеген қысқа дыбысты білдіретін сөз.* // *Түсініксіз, шүлдірлеп сөйлейтін (адам).* // *Шүлдірлеп түсініксіз сөйлегендік.*

**Шүлдір етті.** *Түсініксіз сөйледі.* **Шүлдір шүмек.** сөйл. ***Шылдыр шүмек.***

**ШҮЛДІРЕ=** ет. сөйл. ***Шүлдірле*** *(түсініксіз тілде сөйлеу, былдырлау).*

**ШҮЛДІРЕК** зат. *Шүлдір-шүлдір етіп түсініксіз сөйлейтін адам.*

**ШҮЛДІРЕТ=** ет. сөйл. ***Шүлдірлет.***

**ШҮЛДІРЕТУ** *Шүлдірет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІРЕУ** *Шүлдіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІРЛЕ=** ет. *Сөздерді анық, түсінікті сөйлей алмау, шүлдір-шүлдір ету.*

**ШҮЛДІРЛЕС=** ет. *Шүлдір-шүлдір етіп түсініксіз тілмен сөйлесу.*

**ШҮЛДІРЛЕСУ** *Шүлдірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІРЛЕТ=** ет. *Шүлдір-шүлдір еткізу, тілін бұрап сөйлеткізу.*

**ШҮЛДІРЛЕТУ** *Шүлдірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІРЛЕУ** *Шүлдірле етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛДІР-ШҮЛДІР** елік. *Шүлдірлеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШҮЛЕМ** зат. сөйл. ***Шлем*** *(жаяу, атты әскерлер, танкистер киетін арнаулы әскери бас киім).*

**ШҮЛЕН¹** зат. **1.** этн. *Ақысыз-пұлсыз тегін таратылатын ас, тағам (зат, нәрсе).* **2.** *Қолындағы барын елге тегін беретін қолы ашық, дарқан кісі; жомарттық, мырзалық.* **3.** сөйл. ***Шүйгін.*** **4.** ауыс. *Рақат өмір.*

**Шүлен тарату [тарқату].** этн. *Жылына бір рет жасалатын қалың бұқараға дәм таттыру, ас беру дәстүрі.*

**ШҮЛЕН**$^{2}$ зат. кәс. *Балықшылардың қазып, үстін қамыстан қалыңдап жауып, ішіне мұз төсеген тоңазытқыш үйшігі.*

**ШҮЛЕН: шүлен қой.** *Қылшық жүнді қой тұқымы.*

**ШҮЛЕНАСЫ** зат. этн. *Шүлен таркату кезінде берілетін тегін тағам, дәм.*

**ШҮЛЕНГІР** зат. сөйл. ***Шүлен*** *(мырза, жомарт).*

**ШҮЛЕНДІК** зат. *Мырзалық, жомарттық, дарқандық.*

**ШҮЛЕНКЕ: шүленке қой.** сөйл. ***Шүлен қой.***

**ШҮЛЕНСУ** *Шүленсі етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛЕНСІ=** ет. *Мырзасыну, жомартсыну.*

**ШҮЛЕНШІ** зат. *Шүленді таратушы, үлестіруші.*

**ШҮЛЕҢГЕР** сын. сөйл. ***Шүлен.***

**ШҮЛЖІҢ** сын. *Тілін бұрап сөйлейтін, шүлдір.*

**ШҮЛЖІҢДЕ=** ет. *Тілін бұрап сөйлеу, шүлдірлеу.*

**ШҮЛЖІҢДЕУ** *Шүлжіңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛПІЛДЕ=** ет. *Шылқу, толу, тасуға айналу.*

**ШҮЛПІЛДЕТ=** ет. *Шылқыту, толтыру.*

**ШҮЛПІЛДЕТУ** *Шүлпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮЛПІЛДЕУ** *Шүлпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМДЕН=** ет. көне. *Байқау, сезу.*

**ШҮМДЕНУ** көне. *Шүмден етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМЕК**$^{1}$ зат. **1.** *Құман, шәугім, шәйнек, самаурын т.б. ыдыстардың су ағатын арнаулы қуыс бөлігі.* **2.** *Су құбырына орнатылатын, судың ашылуын немесе ағуын реттейтін тетік; кран.* **3.** тех. *Сұйықтықтың немесе газдың ағынын күшейтуге, оған белгілі бір бағыт беруге арналған арнайы пішінмен жасалған жабық арна.* **4.** тех. *Дәнеккіш мәшиненің дән түсетін жері.*

**Шүмек бет.** *Сопақ бет.*

**ШҮМЕК**$^{2}$ зат. **1.** этн. *Бесіктегі сәбидің кіші дәреті үшін, қойдың асық жілігінен екі басы тесіліп жасалынған түтік.* **2.** *Кішкентай еркек баланың жыныс мүшесі.* **3.** саят. *Құстың ішін шаю үшін, су беру үшін тырна жілігінен немесе ағаштан бір басын жайпақ ауызды етіп жасаған түтік.*

**ШҮМЕК**$^{3}$**: шылдыр шүмек.** этн. *Бала тілінде қолдың төртінші саусағы.*

**ШҮМЕКГҮЛ** зат. өс. *Таулы, тасты жерлерде өсетін, гүлі түтік пішіндес өсімдік.*

**ШҮМЕКСІЗ** сын. *Шүмегі жоқ, шүмек салынбаған.*

**ШҮМЕКТЕ=** ет. *Үсті-үстіне төгу, құю, сорғалау.*

**Шүмектеп құйды**. *Қатты жауды, сорғалата жауды.*

**ШҮМЕКТЕЙ** сын. *Шүмек секілді, дәу, келсаптай.*

**ШҮМЕКТЕТ=** ет. *Сорғалату, құю.*

**ШҮМЕКТЕТУ** *Шүмектет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМЕКТЕУ** *Шүмекте етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМЕКТІ** сын. *Шүмек салынған, шүмегі бар.*

**ШҮМЕКШЕ** сын. *Шүмек сияқты.*

**ШҮМЕК-ШҮМЕК** сын. *Үсті-үстіне төгілген, сорғалаған, құйылған.*

**ШҮМЕҢДЕ=** ет. *Басын төмен салып, құйрығын көкке көтеру, тоңқаңдау.*

**ШҮМЕҢДЕУ** *Шүмеңде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМЕТЕЙ** зат. экспр. *Еркек кіндік жас баланың жыныс мүшесі.*

**ШҮМЕТЕК** зат. сөйл. ***Шүметей.***

**ШҮМИ=** ет. *Бір уыс болу, бүрісу.*

**ШҮМИЮ** *Шүми етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМП-ШҮМП** еліқ. *Шүмпілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШҮМПІЛДЕ=** ет. сөйл. ***Шүпілде.***

**ШҮМПІЛДЕТ=** ет. *Шүмп-шүмп еткізу, шүпілдету.*

**ШҮМПІЛДЕТУ** *Шүмпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМПІЛДЕУ** *Шүмпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮМПІШ** сын. *Жалпақ.*

**ШҮМШЕУІР** зат. сөйл. ***Шымшуыр.***

**ШҮМШІРЕ=** ет. *Бүрісу, шүмию.*

**ШҮМШІРЕУ** *Шүмшіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮНЕЛ=** ет. *Тұралау, шоңқию.*

**ШҮНТИ=** ет. сөйл. ***Шүнти.***

**ШҮНТИЮ** *Шүнти етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢГЕЛДЕН=** ет. сөйл. ***Шүңгілден.***

**ШҮҢГЕЛДЕНУ** *Шүңгелден етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢГІЛ**$^{1}$ сын. *Шүңірейген, шұңғыл (көз).*

**Шүңгіл көз.** *Көзі шүңірейген (адам).* **Шүңгіл көз.** *Көз сүйегі ойыс орналасқан.*

**ШҮҢГІЛ**$^{2}$ зат. **1.** *Шұқыр, ойық.* **2.** ауыс. *Терең су.*

**ШҮҢГІЛДЕН=** ет. *Көзі ішке кіру, шүңірею.*

**ШҮҢГІЛДЕНУ** *Шүңгілден етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢГІЛДЕС=** ет. *Шүйіркелесу, сөйлесу.*

**ШҮҢГІЛДЕСУ** *Шүңгілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢГІЛДЕУ** сын. *Шүңірейген, тереңдеу (көз).*

**ШҮҢГІРШЕК** зат. *Бүйірі шығыңқы келген кішірек шөген.*

**ШҮҢГІТ** сын. сөйл. *Шүңгіл, шүңірек (көз).*

**ШҮҢЕЙТ**$^{1}$ зат. *Жер қыртысындағы ойдым жер, шұңқыр.*

**ШҮҢЕЙТ**$^{2}$ сын. *Ішке кіріп кеткен, шүңірейген (көз).*

**ШҮҢЕЙТ=** ет. *Шүңірейту.*

**ШҮҢЕЙТТЕН=** ет. **1.** *Ойыс тарту, шұқыр болу, тереңдену.* **2.** *Көзі ішке қарай кіру, шүңірею.*

**ШҮҢЕЙТТЕНУ** *Шүңейттен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢЕЙТТЕУ** сын. *Көзі сәл шүңірейген, ішке кіре түскен.*

**ШҮҢЕЙТТІ** сын. *Шүңейті бар.*

**ШҮҢЕЙТУ** *Шүңейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢЕЙТ-ШҰҚАНАҚ** зат. *Шұқыр, шұңқыр.*

**ШҮҢЕЙТ-ШҮҢЕЙТ** зат. *Шұқыр-шұқанақ.*

**ШҮҢЕК** сын. сөйл. ***Шүңейт*** *(шүңірейген, ішке кіріп кеткен).*

**ШҮҢЕТ**$^{1}$ зат. **1.** сөйл. ***Шүңейт*** *(ойыс, ойдым жер, шұңқыр).* **2.** ауыс. *Түбі, терең.*

**ШҮҢЕТ**$^{2}$ сын. *Ішке кіріп кеткен, шүңірейген (көз).*

**ШҮҢЕТТЕН=** ет. сөйл. ***Шүңейттен.***

**ШҮҢЕТТЕНУ** *Шүңеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢЕТТЕУ** сын. сөйл. ***Шүңейттеу.***

**ШҮҢЕТТІ** сын. *Шүңеті бар, терең, ойық.*

**ШҮҢИ=** ет. сөйл. ***Шүңки.***

**ШҮҢИЮ** *Шүңи етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКЕ** зат. жерг. *Шай ішетін шәшке.*

**ШҮҢКИ=** ет. **1.** *Шүйкедей болып шөгу, бүрісу.* **2.** *Сүмірею, сүмпию.*

**ШҮҢКИТ=** ет. *Бір уыс ету, бүрістіру, шүйкедей қылу.*

**ШҮҢКИТУ** *Шүңкит етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКИІС=** ет. *Бүрісу, сүмпиіп отырысу.*

**ШҮҢКИІСУ** *Шүңкиіс етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКИЮ** *Шүңки етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢК-ШҮҢК** еліқ. *Шүңкілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШҮҢКІ** зат. жерг. *Су астындағы балықты іздейтін құрал.*

**ШҮҢКІЛ** зат. *Тату-тәтті адамдардың оңаша отырып айтатын өзара әңгімесі, сыры; күбір.*

**ШҮҢКІЛДЕ=** ет. сөйл. *Шүңк-шүңк ету, күбірлеу.*

**ШҮҢКІЛДЕК** зат. *Тау бойындағы өте тайыз, сулы құдықтар.*

**ШҮҢКІЛДЕН=** ет. *Көзі ішке тарту, шүңірею.*

**ШҮҢКІЛДЕНУ** *Шүңкілден етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКІЛДЕС=** ет. *Өзара әңгімелесу, шүйіркелесу, сырласу.*

**ШҮҢКІЛДЕСУ** *Шүңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКІЛДЕСУШІ** зат. *Өзара әңгімелесуші, шүйіркелесуші.*

**ШҮҢКІЛДЕУ** *Шүңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢКІЛ-ШҮҢКІЛ** үст. *Шүңк-шүңк, күбір-күбір еткен дыбыс.*

**ШҮҢІЛ=** ет. *Үңілу, қадалу, тесілу.*

**ШҮҢІРЕЙ=** ет. *Көзі ұясына кіру, жүдеу.*

**ШҮҢІРЕЙТ=** ет. *Көзін шүңірек тартқызу, жүдету.*

**ШҮҢІРЕЙТУ** *Шүңірейт етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢІРЕЙІҢКІРЕ=** ет. *Көзі ішке кіріп, шүңірейе түсу.*

**ШҮҢІРЕЙІҢКІРЕУ** *Шүңірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢІРЕК** сын. **1.** *Көзі ұясына кіре түскен, шүңірейген.* **2.** *Ойық, ойдым, ойыңқы.*

**Шүңірек көз [көзді].** *Ұясына кіріңкіреген, шүңірейген көз.*

**ШҮҢІРЕКТЕУ** сын. *Көзі сәл шүңірейген, ішке кіріңкі.*

**ШҮҢІРЕЮ** *Шүңірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮҢІРКӨЗ** сын. сөйл. ***Шүңірек көз.***

**ШҮП: шүп толы.** *Шүпілдеген, тасуға айналған.*

**ШҮПЕК**$^{1}$ зат. тамақ. *Сұйық тағамның түрі.*

**ШҮПЕК**$^{2}$ сын. *Жұқалтаң, кішілеу.*

**ШҮПІЛДЕ=** ет. *Өзеннің, көлдің, ыдыстың суға (т.б. сұйық затқа) бетімен бет болып толып тұруы, ернеуінен келуі.*

**ШҮПІЛДЕС=** ет. сөйл. ***Шүпірлес.***

**ШҮПІЛДЕСУ** *Шүпілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІЛДЕТ=** ет. *Сұйық затты ыдыстың ернеуіне дейін толтырып құю.*

**ШҮПІЛДЕТУ** *Шүпілдет етістігінің қимыл атауы; толтыру.*

**ШҮПІЛДЕУ** *Шүпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІРЕЙ=** ет. экспр. *Шошаю.*

**ШҮПІРЕЮ** *Шүпірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІРЛЕ=** ет. *Көп болып бір жерге жиылу, жыпырлау.*

**ШҮПІРЛЕК** сын. *Шүпірлеген, жыпырлаған.*

**ШҮПІРЛЕС=** ет. *Көп болу, жыпырласу, үйме-жүйме болу.*

**ШҮПІРЛЕСУ** *Шүпірлес етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІРЛЕТ=** ет. **1.** *Көп қылып бір жерге жиып алу, шыпырлату, шұбырту, қаптату, үйме-жүйме ету.* **2.** *Бірінен кейін бірін қойып тізу.* **3.** *Толтыру, үйіп-төгу.*

**ШҮПІРЛЕТУ** *Шүпірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІРЛЕУ** *Шүпірле етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІР-ШҮПІР** үст. *Шүпірлеп, жыпырлап, үйме-жүйме болып.*

**Шүпір-шүпір етті.** *Жыпырлап толып (қаптап) кетті.*

**ШҮПІРШУ** сөйл. *Шүпірші етістігінің қимыл атауы.*

**ШҮПІРШІ=** ет. сөйл. ***Шүпірле.***

**ШҮР**$^{1}$ зат. жерг. *Жаза, сыбаға, сазай.*

**ШҮР**$^{2}$ еліқ. *Шүр еткен жіңішке, қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шүр етті.** *Шүрылдады, шүрқырады.*

**ШҮРЕГЕЙ**$^{1}$ зат. зоол. <лат. anas> *Жабайы үйректің тұрқы 35 см-дей, салмағы 200-400 г-дай ең кішкене түрі.*

**ШҮРЕГЕЙ**$^{2}$ сын. *Кішкентай, уақ, майда; әлсіз.* // *Әлсіз, қолынан ештеңе келмейтін адам.*

**Шүрегей тартты.** а) *Кішірейді; жүдеп-жадады.* ә) *Азып-тозды, күйзелді, берекесі кетті.*
**ШҮРЕГЕЙДЕЙ** сын. *Шүрегей сияқты.*
**ШҮРЕГЕЙЛЕУ** сын. *Жүдеу, арықтау, қушиған.*
**ШҮРЕГЕЙЛІ** сын. *Шүрегейі бар, шүрегей мекендеген.*
**ШҮРЕГЕЙШЕ** үст. *Шүрегейге ұқсап, шүрегей тәрізді.*
**ШҮРПЕ** зат. *Балапан.*
**ШҮРПЕДЕЙ** сын. *Шүрпе сияқты.*
**ШҮРПИ=** ет. сөйл. ***Үрпи.***
**ШҮРПІ** зат. *Балапан ағаш, жас тал т.б.*
**ШҮРТИ=** ет. сөйл. ***Шүрши.***
**ШҮРТИТ=** ет. *Ернін шүршиту.*
**ШҮРТИТУ** *Шүртит етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮРТИЮ** *Шүрти етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮРШИ=** ет. *Ерінің дөңгеленіп, бүрісіп, сүйірленіп, ілгері қарай шығыңқырай түсуі.*
**ШҮРШИТ=** ет. *Ернін дөңгелентіп, ілгері шығару.*
**ШҮРШИТУ** *Шүршит етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮРШИТІҢКІРЕ=** ет. *Ернін шүршите, бүрістіре түсу.*
**ШҮРШИТІҢКІРЕУ** *Шүршитіңкіре етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮРШИЮ** *Шүрши етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮРШІК** сын. *Шүршиген, бүрісіңкі (ауыз, ерін).*
**ШҮРШІТ** зат. **1.** көне. *Қытайлықтардың ертедегі атауы; қара қытай.* **2.** сөйл. *Қытай елі.* **3.** ауыс. *Бөтен адам, жат кісі; басқа біреу.* **4.** ауыс. *Түкке түсінбейтін түлей, ақымақ адам; оңбаған, жексұрын.*
**Шүршіттің тілі.** *Халық ұғымына белгісіз, түсініксіз тіл; басқа елдің тілі.*
**ШҮРІППЕ** зат. әск. *Мылтықты, тапаншаны ату үшін сұқ саусақпен басып қалатын тетік.*
**ШҮРІППЕЛІ** сын. **1.** әск. *Шүріппесі бар (мылтық, тапанша).* **2.** тех. *Механизмді қозғалысқа келтіретін, яки тежейтін тетігі бар.*
**ШҮУ** од. *Малды айдағанда, тебініп жүргізерде айтылатын ишарат сөз.*
**Шүу асау.** *Бас білдірілмеген.* **Шүу басында.** *Ең басында.* **Шүу дегеннен [дегенде].** *Әуелден, о бастан.*
**ШҮУ-ШҮУ** зат. сөйл. ***Шу-шу.***
**ШҮУ-ШҮУЛЕ=** ет. *Шүу-шүу деп жиі айту, қайталау.*
**ШҮУ-ШҮУЛЕУ** *Шүу-шүуле етістігінің қимыл атауы.*
**ШҮҺРӘТ** [ар. شهرة ] зат. *Атақ-абырой, жомарттық.*
**ШҮЮ** *Шүй етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБАР** сын. сөйл. ***Шұбар.***
**ШЫБАРЛАН=** ет. сөйл. ***Шұбарлан.***
**ШЫБАРТ=** ет. сөйл. ***Шұбарт.***
**ШЫБЖАЛАҚ** сын. *Шыж-быж етіп күйіп-пісетін, күйгелек; шыжбалақ (адам).*
**ШЫБЖАЛАҚТА=** ет. *Күйіп-пісу, күйгелектеу; шыжбалақтау.*
**ШЫБЖАЛАҚТАУ** *Шыбжалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЖАЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Шыжбалақта.***
**ШЫБЖАЛАҢДАУ** *Шыбжалаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЖЫҚ** зат. сөйл. *Пайызторғай, сәнді шымшық.*
**ШЫБЖЫҚАЙ** сын. **1.** *Шыбжың-шыбжың етіп қалған; мазасыз, шапшаң.* **2.** ауыс. *Ұшқалақ, желөкпе.*
**ШЫБЖЫҚТА=** ет. сөйл. ***Шыбыжықта.***
**ШЫБЖЫҢ** елік. *Шыжбалақтап тынышсызданғандықты бейнелейтін сөз.*
**Шыбжың қақты [етті].** а) *Құйрығын сабалады, қозғалақтады, тыпыршыды.* ә) *Мазасызданып шыбжыңдады, тынышсызданды.*
**ШЫБЖЫҢДА=** ет. **1.** *Тыпыршу, қозғалақтау, бір орнында тұра алмау (мал туралы).* **2.** ауыс. *Шарқ ұру.* **3.** ауыс. *Тынышсыздану, мазасыздану; шыжбаңдау (адам).* **4.** ауыс. *Азар да безер болу.*
**ШЫБЖЫҢДАТ=** ет. **1.** *Құйрығын қимылдату, сабалату.* **2.** ауыс. *Шыжбалақтату, тынышсыздандыру.*
**ШЫБЖЫҢДАТУ** *Шыбжыңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЖЫҢДАУ** *Шыбжыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫЖЫҚ** зат. *Ерте туған ұрғашы лақтың бір жастан асқаны.*
**ШЫБЫЖЫҚТА=** ет. *Бір орнында тұра алмай тыпыршу, мазасы кету, тынышсыздану.*
**ШЫБЫЖЫҚТАЙ** сын. *Шыбыжық секілді.*
**ШЫБЫЖЫҚТАУ** *Шыбыжықта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫҚ[1]** зат. **1.** *Өсіп тұрған ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркені.* **2.** *Ат қылып мініп ойнайтын, ағаштан кесіп алынған ұзынша, солқылдақ бұтақ.* **3.** *Бір нәрсені жүргізу, ұру, жазалау үшін, қамшы орнына қолданылатын жіңішке, солқылдақ ағаш.* **4.** *Жаңа өсіп келе жатқан жас өркен; көшет.* **5.** *Сабақ үстінде пайдаланатын оқу таяқшасы.* **6.** *Дирижер таяқшасы.* **7.** *Сіріңкенің бір талы.* **8.** *Глобустың білдігі.* **9.** *Кабель, тоқ өткізілген сым.* **10.** *Жіңішке, ұзын арматура, темір.* **11.** *Капилляр, ұсақ қан тамыры.* **12.** *Сым (жалпақ, жіңішке, жуан т.б.).* **13.** *Түтік, түтікше.* **14.** *Қауырсын.* **15.** *Ернеу, жиек.* **16.** *Жақтау.* **17.** ауыс. *Таяқ, соққы.*
**Шыбық басын сындырмау.** *Түк істемеу.* **Шыбық борбай.** *Арық, сидиған.* **Шыбық күшіктеді.** *Бүршік жарды.* **Шыбық тимес [тимей] шыңқ етер.** *Тиіп кетсең жылайтын, әрең тұрған, бос (бала).*
**ШЫБЫҚ[2]** зат. **1.** анат. *Адам немесе жануарлар жілігімен қабаттаса, қабыса, қатар біткен жіңішке сүйек.* **2.** эфв. *Еркек малдың жыныс мүшесі, қамшысы.*
**Шыбық майы.** *Шыбық сүйектің ішіндегі май.*
**ШЫБЫҚҚОРА** зат. жерг. *Қозы қамайтын қора, шарбақ.*
**ШЫБЫҚТА=** ет. сөйл. **1.** *Шыбықпен ұру, сабау.* **2.** кәс. *Жүнді сабаумен сабай отырып шабақтау.*
**ШЫБЫҚТАЙ** сын. **1.** *Шыбық тәрізді, көк өрім, жас.* **2.** ауыс. *Майысқақ, иілгіш.* **3.** ауыс. *Нәзік, әлжуаз.*
**ШЫБЫҚТАН=** ет. *Бұтақтану, тарамдалып өсу.*
**ШЫБЫҚТАНУ** *Шыбықтан етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫҚТАТ=** ет. *Асыра толтыру.*
**ШЫБЫҚТАТУ** *Шыбықтат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫҚТАУ** *Шыбықта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫҚТЫ** сын. **1.** *Шыбығы бар.* **2.** *Жолақты.*
**ШЫБЫҚША[1]** зат. *Кішкене шыбық.* **2.** *Дирижердің кішілеу таяқшасы.*
**ШЫБЫҚША[2]** үст. **1.** *Шыбық тәрізді, шыбыққа ұқсап майысып, иіліп, бұралып т.б.* **2.** *Оқтау жұтқандай, тіп-тік.* **3.** биол. *Өте ұсақ, майда.*
**ШЫБЫҚШЫ** зат. жерг. *Жер өлшеуші.*
**ШЫБЫН[1]** зат. **1.** зоол. <лат. brachycera> *Бірқатар түрлері адамның, үй жануарларының жұқпалы ауруын тудыратын қоздырғыштарды тасымалдайтын қосқанаттылар отрядына жататын кішкене жәндік.* **2.** ауыс. *Жан [ескі ұғым бойынша адам жаны шыбын тәрізді өте кішкене, нәзік, әлсіз келеді және ол кеудеде ұшып жүреді деген сенімнен қалған түсінік, наным].*
**Шыбын құрлы көрінбеді.** *Бұйым болмады, түкке тұрмады.* **Шыбын жан.** *Өмір, тірлік; құр сүлдер.* **Шыбын жанға талас қылды.** поэт. *Өмір үшін күресті.* **Шыбын жаны көзіне [көз алдына] көрінді [келді].** *Жанына қатты батты, ауырды.* **Шыбын жаны мұрнының ұшында [ұшына келді].** *Жан ұшырды, қорықты; қиналды, азаптанды.* **Шыбын жанын қоярға жер таппады.** а) *Ауруы жанына қатты батып, бебеу қақты; арпалысты, жанталасты.* ә) *Мазасы кетті, дегбірсізденді; безек қақты.* **Шыбын жанын шүберекке [жалауға] түйді [байлады].** а) *Басын қатерге тікті, жанын аямады.* ә) *Жан ұшырды, аласұрды.* **Шыбын жанын шырқыратты.** *Жанын көзіне көрсетті, қатты қинады.* **Шыбын жаны шыға [шығып кете] жаздады [алқымына тығылды].** *Қатты састы, қорықты.* **Шыбын жаны [шыбыны] шырқырады [шырылдады].** *Безек қақты, жан ұшырды.* **Шыбын құрлы көрмеді.** а) *Сезбеді, мыңқ демеді.* ә) *Елемеді, ескермеді.* **Шыбынның ұшқаны білініп тұрды.** *Құлаққа ұрған танадай, тып-тыныш, ың-жыңсыз.* **Шыбын өлімі ғұрлы көрмеді.** *Қаныпезер, адамды ит құрлы да көрмеу мағынасында.* **Шыбын шаққан құрлы көрмеді.** *Елемеді, ескермеді.* **Шыбыны ұшты.** *Зәре-құты кетті.*
**ШЫБЫН[2]** зат. ойын. *Карта ойынындағы төрт түрлі қағаздың бірі; шытыр, «крест», «айқыш».*
**ШЫБЫНБАС** зат. өс. *Шөптесін өсімдік.*
**ШЫБЫНДА=** ет. **1.** *Малдың тебініп, басын шұлғып, құйрығымен қағып, үстіне қонған шыбынды қууы; шыбыннан қорғану.* **2.** *Шыбыннан қашу, жан сауғалау.* **3.** ауыс. *Неге болса да келісе беру, мақұлдау, қоштау, бас изеу.*
**ШЫБЫНДАЙ** сын. *Шыбын секілді.*
**ШЫБЫНДАС=** ет. *Шыбыннан қорғанысу.*
**ШЫБЫНДАСУ** *Шыбындас етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫНДАТ=** ет. *Шыбыннан қорғанып тебіндету, бас шұлғыту, тебінту, құйрығын сипаңдату.*
**ШЫБЫНДАТУ** *Шыбындат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫБЫНДАУ** *Шыбында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шыбыннан қорғану.* **2.** ауыс. *Мазасыздану, күйгелектену.*
**ШЫБЫНДЫ** сын. *Шыбыны бар, шыбыны көп.*
**ШЫБЫНЖЕГІ** зат. өс. *Шыбынды құртуға пайдаланатын өсімдік түрі.*
**ШЫБЫНЖҰТ[1]** зат. өс. сөйл. ***Шыбынжұтқыш.***
**ШЫБЫНЖҰТ[2]** зат. өс. *Орман алаңқайларында өсетін улы сабырауқұлақтардың бір түрі.*
**ШЫБЫНЖҰТҚЫШ** зат. өс. *Шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа жейтін, гүлі ірі, ақ түсті, көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ШЫБЫНҚАБАТ** зат. қолөнер. *Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу мөлшері шамамен алғанда 20–40 сантиметр.*
**ШЫБЫНҚАҒАР** зат. этн. **1.** *Сиырдың құйыршығынан істеп саптаған, шыбын ұратын қыл шашақ.* **2.** *Жылқыны күзеген кезде ұшына таман жіңішкелеп қалдырылған құйрығы.*
**ШЫБЫНҚАҚҚЫШ** зат. зоол. *Торғайлар отрядына жататын құс түрі.*
**ШЫБЫНҚАНАТ[1]** зат. қолөнер. *Шыбынның қос қанатына ұқсас ұсақ өрнек.*
**ШЫБЫНҚАНАТ[2]** зат. өс. *Жапырақтарының пішіні шыбынның қанаты тұрпаттас көпжылдық шөптесін өсімдік.*
**ШЫБЫНҚУҒЫШ** зат. өс. сөйл. ***Қалақай.***
**ШЫБЫН-ҚҰЙЫН: шыбын-құйын болды.** *Ізінен будақтаған шаң қалды.*
**ШЫБЫН-ҚҰРТ** зат. сөйл. ***Шыбын-шіркей.***
**ШЫБЫНҚЫРҒЫШ** зат. өс. *Шыбын өлтіретін қасиетіне қарай кейде осылай аталынатын сүмелек өсімдігі.*
**ШЫБЫНОТЫ** зат. өс. сөйл. ***Шыбынжегі.***
**ШЫБЫНСАЛЫЛАР** зат. бот. <лат. salviniaceae> *Ұсақ, су бетінде жүзіп жүретін шөптесін өсімдіктер тұқымдасы.*
**ШЫБЫН-СОНА** зат. сөйл. ***Шыбын-шіркей.***
**ШЫБЫНСЫЗ** сын. *Шыбыны жоқ, шыбын болмайтын.*

**Шыбынсыз жаз.** *Жыл мезгілінің жанға жайлы, малға тыныш, қоңыр салқын кезі.*

**ШЫБЫНША** үст. *Шыбын тәрізді, шыбынға ұқсап.*

**ШЫБЫНШЫ** зат. *Шыбынды қорек ететін құс түрі.*

**ШЫБЫН-ШІРКЕЙ** зат. *Қанатты насекомдардың жалпы атауы.*

**ШЫБЫН-ШІРКЕЙДЕЙ** сын. *Шыбын-шіркей секілді.*

**ШЫБЫН-ШІРКЕЙЛІ** сын. *Шыбын-шіркейі көп.*

**ШЫБЫН-ШІРКЕЙСІЗ** сын. *Шыбын-шіркейі жоқ.*

**ШЫБЫНЫМ** зат. экспр. *Қарағым, қалқам, құлыным.*

**ШЫБЫНЫМДАЙ** сын. *Жанымдай.*

**ШЫБЫНЫМДАП** үст. *Шыбыным, шыбыным деп, айналып-толғанып.*

**ШЫБЫРҒАН** зат. жерг. *Жүзімнің жақсы сортының бірі.*

**ШЫБЫРТҚЫ** зат. **1.** этн. *Көбінесе арба, шана көлігіне, мал айдауға арналған, кейде өріп, кейде өрмей жасаған ұзын қамшы.* **2.** сөйл. *Жуандығы сұқ саусақтай жіңішке әрі ұзын шыбық.* **3.** ауыс. *Шымшыма сөз.*

**Шыбыртқы қамшы.** этн. *Арба, шана тәрізді көлікке жегілген яки бір топ малды айдауға, қайырмалауға қолданатын, әдеттегі қамшыдан бірнеше ұзын қамшы түрі.* **Шыбыртқының астына алды.** *Шыбыртқымен ұрды, сабады.*

**ШЫБЫРТҚЫДАЙ** сын. *Шыбыртқы секілді.*

**ШЫБЫРТҚЫЛА=** ет. *Шыбыртқымен ұру, сабалау.*

**ШЫБЫРТҚЫЛАТ=** ет. *Шыбыртқымен шыпыту, шартылдату.*

**ШЫБЫРТҚЫЛАТУ** *Шыбыртқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫБЫРТҚЫЛАУ** *Шыбыртқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫБЫТ: қабақ шыбытты.** сөйл. *Қабақ шытты.*

**ШЫБЫШ** зат. *Бір мен екі жас аралығындағы ұрғашы ешкі.*

**Шыбыш құлақ су.** жерг. *Аз ғана су.*

**ШЫБЫШТАЙ** сын. **1.** *Шыбыш секілді.* **2.** ауыс. *Шағын; кішкентай.*

**ШЫҒАЙ**[1] сын. көне. **1.** *Түгі жоқ, кедей.* **2.** *Түк бермейтін, сараң адам.*

**ШЫҒАЙ**[2] зат. көне. *Елден, жұрттан жырақтап кеткен адам, қашқын.*

**ШЫҒАЙБАЙ** сын. экспр. *Түк бермес, сараң, қолы тар.*

**ШЫҒАЙДА** үст. жерг. *Анда-санда, оқта-текте, ілуде.*

**ШЫҒАЙДА** үст. жерг. Ертеде, бұрынғы кезде.

**ШЫҒАН** зат. жерг. *Түбек, алқап.*

**ШЫҒАН** зат. **1.** *Алыс, қашық, шалғай жер; шет, қиян.* **2.** ауыс. *Аспан, көк, биік, ғарыш.* **3.** ауыс. *Тым шалғайда (қиянда) жатқан қоныс, мекен.* **4.** ауыс. *Қылмыскер, баскесер.*

**Шығанға шығу.** жерг. *Алысқа кету, биіктеп кету.* **Шығанға шықты [шығып кетті].** *Бір нәрсенің шегінен асып кетті.* **Шығаннан шыққан.** *Шектен асқан, елден ерекше; нағыз.*

**ШЫҒАНАҚ** зат. геогр. *Мұхит, теңіз, көлдің құрлыққа сұғына еніп жатқан бөлігі.*

**ШЫҒАНАҚ** зат. жерг. *Ең алды.*

**Шығанақ ату.** жерг. *Қауынның жапырақтарына өң кіріп қызғалтақтануы.*

**ШЫҒАНАҚТА=** ет. *Бір нәрсені (жастық, көрпе т.б.) қолтығының астына салу; шынтақтау.*

**ШЫҒАНДА** үст. *Анда-санда, оқта-текте.*

**Шығанда біреу.** *Ілуде біреу.*

**ШЫҒАНДА=** ет. **1.** *Алыстап кету, ұзап шығу, жырақтау.* **2.** *Оқшаулану, бөліну, ерекшелену.* **3.** *Көкке көтерілу, шыңға шығу; шарықтау.*

**ШЫҒАНДАҚ** үст. жерг. *Алыста, қашықта, қиянда.*

**ШЫҒАНДАТ=** ет. **1.** *Алысқа жіберу.* **2.** *Шарықтату, әуелету, құйқылжыту.* **3.** *Жан-жаққа тарату.*

**ШЫҒАНДАТУ** *Шығандат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒАНДАУ** *Шыганда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұзап шығу, жырақтау, алысқа көшу.* **2.** *Бөлектену, оқшаулану.*

**ШЫҒАН-ТОҒАЙДА** үст. жерг. *Ілуде біреу, сирек, анда-санда.*

**ШЫҒАҢ** зат. сөйл. ***Шыған.***

**ШЫҒАҢДА=** ет. сөйл. ***Шығанда.*** **1.** *Ұзау, алыстау.* **2.** *Шегіне жету.* **3.** *Биіктеу, көтерілу.*

**ШЫҒАР** зат. жерг. *Тыс, дала, сырт, есік алды.*

**Шығарға шығу.** жерг. *Далаға шығу.*

**ШЫҒАР=** ет. **1.** *Басын, қолын яки аяғын т.б. мүшесін бір нәрсенің ішінен сыртқа қарай жіберу, созу.* **2.** *Қозғалу, сапар шегу, көшу.* **3.** *Сыртқа ақтару, баяндау.* **4.** *Жіберу.* **5.** *Босату, қоя беру.* **6.** *Ағызу; көзін ою.* **7.** *Затты бір нәрсенің үстіне (төбесіне) көтеріп алып бару, жеткізу, тасу.* **8.** *Бір нәрсені (ән, өлең, күй т. б.) ойдан туғызу, жасау.* **9.** *Есептің жауабын табу, шешу.* **10.** жерг. *Жегулі көлікті доғару.*

**Шығарда [шығарға] жаны басқа [бөлек].** *Жанындай жақсы көреді, өте тату деген мағынада.* ә) *Бар ынтасымен берілген; тату-тәтті.* б) *Ерекше жақсы, басқаға қарағанда бөлекше.* **Шығар тауы биіктеді.** *Үлкен мақсаттар қойды.* **Шығарып алынбайтын [алуға келмейтін] инженерлік мина.** әск. *Бастапқы жағдайынан өзгертуге немесе қондырылған жерінен ауыстыруға, алуға әрекет жасалған кезде жарылыс жасайтын арнаулы қондырғы.* **Шығарып берді.** этн. *Қызды алып қашуға көмектесті, септігі тиді.* **Шығарып оқу.** инф. <ағыл. reading> *Сақтауыш ортадан ақпаратты шығару және түсіну (айырып тану); тасуыштан мәліметтерді оқу.* **Шығарып оқу құрылғысы.** инф. <ағыл. reading station> *Сақталатын ақпаратты бейнелейтін сақтауыш ортаның физикалық қалып-күйін сигналдық стандартты түріне түрлендіретін құрылғы.* **Шығарып салды.** а) *Бір жаққа кететін сыйлы адамымен біраз жерге дейін ілесіп барып, қоштасып қалды; жолға салды.* ә) *Біреуді алдап-сулап жөнелтті, аттандырды.* б) *Жолға шығарды, аттандырды.* **Шығарып салма жауап.** *Алдаусыратып айта салған әңгіме, жүрдім-бардым айтыла салған сөз.* **Шығарып салма сөз.** *Әншейін емексіткен, алдаусыратқан бос сөз.*

**ШЫҒАР** мод. *Есім, етістік сөздердің соңынан тіркесіп келіп, «болар», «болуға тиіс», «ғой» мағынасында қолданылатын сөз.*

**ШЫҒАРҒЫ** сын. *Ойдан шығарған.*

**ШЫҒАРҒЫШ** сын. *Бір нәрсені шығара алатын, шығара білетін.*

**ШЫҒАРҒЫШТАНУ** зат. *Ойдан шығарғыштық, ойлап табу.*

**ШЫҒАРҒЫШТЫҚ** зат. *Шығармашылық қабілет, шығара алатындық, шығара білгіштік.*

**ШЫҒАРЛЫҚ** сын. *Шығаруға болатын, шығатын.*

**ШЫҒАРМА** зат. кіт. **1.** *Белгілі бір автордың ойдан шығарып жазған әдеби, ғылыми т.б. туындысы.* **2.** *Мектеп оқушыларының әдебиеттен алған білімін жетілдіріп, белгілі бір стильдегі, үлгідегі, композициялық нысандағы мәтін құрастыруы үшін мұғалімдерінің бағыттауымен сыныпта, үйде жазған өзіндік еңбегі; мектептегі шығармашылық тапсырманың бір түрі.*

**Шығарманы қабылдау.** әдеб. *Әдеби шығармадан тыңдаушының, оқырманның идеялық, эстетикалық әсер алуы, оның мағыналық, көркемдік байлығын түсініп, сезінуі.* **Шығарма тілі.** *Көркем шығарманың тілі.*

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** зат. кіт. *Шығарма тудырушылық, шығарушылық.*

**Шығармашылық белсенділік.** *Ой еңбегін дамытудағы жігерлілік.* **Шығармашылық еңбек.** *Ой еңбегінің жемісі, ой ізденісінің нәтижесі.* **Шығармашылық қызмет.** заң. *Мәдениетті, соның ішінде әдебиетті, өнерді, дизайнерлік, сәулет, зерттеу және өзге де шығармашылық қызметті жаңғырту мен дамытуға үлес қосатын қызметтің барлық түрлері.* **Шығармашылық ойлау.** пед. *Субъективтік жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс-әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдермен сипатталатын ойлау түрлерінің бірі.* **Шығармашылық психологиясы.** пед. а) *Адамдардың ғылым, әдебиет, музыка, бейнелеу және сахналық өнер, өнертапқыштық және рационализаторлық салаларындағы шығармашылық қызметін психологиялық зерттеулер саласы.* ә) *Суреткердің өмірді танудағы, мәдени қазынаны жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі, шығармашылық психологияның ерекшелігін зерттейтін әдеби, ғылыми көзқарас.*

**ШЫҒАРМАЛЫҚ** сын. кіт. *Шығармаға тән, шығармаға қатысты, шығармашылық.*

**ШЫҒАРТ=** ет. **1.** *Босату.* **2.** *Ойдан құрастырту.* **3.** *Сыртқа тасыту, апарғызу.*

**ШЫҒАРТҚЫЗ=** ет. **1.** *Көтерткізу, тасытқызу.* **2.** *Жасатқызу, туғызу.*

**ШЫҒАРТҚЫЗУ** *Шығартқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒАРТТЫР=** ет. **1.** *Жұмыстан босаттыру.* **2.** *Алдырып тастату.*

**ШЫҒАРТТЫРУ** *Шығарттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒАРТУ** *Шығарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызметтен, белгілі бір қызмет орнынан, жұмыстан босату.* **2.** *Математикалық жолмен шешімін таптыру, есептету.* **3.** *Топ, ұйым мүшелігінен аластату.* **4.** *Баспа бетінде жариялату.* **5.** *Жасату, дайындату.*

**ШЫҒАРТЫЛ=** ет. *Есептетілу.*

**ШЫҒАРТЫЛУ** *Шығартыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒАРУ**[1] *Шығар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тысқа жеткізу, апару.* **2.** *Жариялау.* **3.** *Бір нәрсенің қатарына, құрамына қосу, жіберу.* **4.** *Босату.* **5.** *Есептің жауабын табу.* **6.** *Көтеру, абыройын асыру.* **7.** <ағыл. output> *Ақпаратты компьютердің негізгі жедел жадынан сыртқы құрылғысына бастыру.* **8.** *Деректерді негізгі жадтан сыртқы құрылғыға беру.*

**Шығару бағдарламасы.** а) мәшинежас. *Шығару көлемі (саны) мен орындалу мерзімі көрсетілген, жасалатын немесе жөнделетін бұйым атауларының тізімі.* ә) инф. <ағыл. output program> *Компьютерден мәліметтерді шығаруға арналған қызмет етуші бағдарлама.* **Шығару жылдамдығы.** инф. <ағыл. speed of a conclusion> *Уақыт бірлігінде шығарылатын мәліметтер бірлігінің саны.* **Шығару кезегі.** инф. <ағыл. output queue> *Баспаға шығаруға жататын шығыс файлдарының тізімі.* Шығару клапаны. тех. *Газ не сұйықтықты сыртқа шығаруға арналған клапан.* **Шығару командасы.** инф. <ағыл. output instruction> *Мәліметтерді компьютердің негізгі жедел жадынан сыртқы құрылғысына шығаруды орындайтын машиналық команда.* **Шығару құрылғысы.** инф. <ағыл. devices of conclusion; output device> а) *Шығатын ақпаратты компьютерге түсінікті формадан адамға түсінікті формаға түрлендіретін құрылғы.* ә) *Мәліметтер сигналы және олардың мәліметтер тасуышындағы жазбасы бойынша мәліметтерді қалпына келтіруге арналған құрылғы; мәліметтерді компьютерден шығаруға арналған құрылғы.* **Шығару құрылғысының тілі.** инф. <ағыл. output device language> *Шығару құрылғысын өндірушілердің осы құрылғымен (мыс., принтермен) байланысты жасақтау үшін ойлап тапқан компьютерлік тілі немесе командалар жиыны.* **Шығарулар-**

**ды бұғаттау.** инф. <ағыл. blocking of pins> *Үлкен интегралдық схеманы бір жүйеге келтіру кезінде кейбір нүктелерден тиісті мәліметтерді шығаруға кедергі жасайтын жалғаулардың пайда болуы.* **Шығару механизмі.** инф. <ағыл. inference engine> *Сараптау жүйелерінде – фактілерге ережелерді қолдану алгоритмі мен оны іске асыратын бағдарламалық тәсілдер; сараптау жүйесінің проблемалық тәуелсіз бөлігі.* **Шығару операторы.** инф. <ағыл. output statement> *Мәліметтерді негізгі жадтан сыртқы жадқа, сондай-ақ шығару немесе бейнелеу құрылғысына жеткізуді анықтайтын бағдарламадағы оператор.* **Шығару операциясы.** инф. <ағыл. output operation> *Мәліметтерді компьютердің негізгі жедел жадынан сыртқы құрылғысына шығару кезінде орындалатын компьютер әрекеттерінің жиынтығы.* **Шығару стратегиясы.** инф. <ағыл. strategy of a conclusion> *Сараптау жүйелерінде – шығару кезінде ережелер мен фактілерді қолданудың жалпы тәсілі.* **Шығару табалдырығы.** *Балқыту пешінің төменгі жағындағы қож шығаратын тесігі.* **Шығару тактi.** мәшинежас. *Белгілі бір атауы, өзіне тән өлшемі мен орындалу реті бар бұйымдарды шығару уақытының есептелген интервалы.* **Шығару тесігі.** кен. *Металлургиялық пештерден (қабырға жағынан, астынан) балқыма шығаратын тесік.* **Шығару ырғағы.** мәшинежас. *Өзіне тән өлшемі мен орындалу бар белгілі бір бұйымдарды шығару уақытының есептелген интервалы.*

**ШЫҒАРУШЫ** зат. **1.** *Бір нәрсені шығарған, шығаратын адам, автор.* **2.** *Жарияланатын газет-журнал, кітап материалын жинақтап, тексеріп дайындаушы.* **3.** *Бірдеңені ойлап таба қоятын.*

**Шығарушы объект.** инф. <ағыл. output object> *Осы объектімен амал-әрекеттің барлық қызметі сүйемелденетін, сондай-ақ оған жалғастырылған шығару міндетінен немесе оның құрама объектілерінен тұратын объект немесе құрама объект.*

**ШЫҒАРУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсені жасап шығарғандық; шығару ісі.* **2.** *Шығармашылық.*

**ШЫҒАР-ШЫҚҚАНЫНША** үст. *Әбден шығып кеткенінше.*

**ШЫҒАР-ШЫҚПАС** үст. сөйл. ***Шығар-шықпастан.***

**ШЫҒАР-ШЫҚПАСТА** үст. сөйл. ***Шығар-шықпастан.***

**ШЫҒАР-ШЫҚПАСТАН** үст. *Шықпай жатып-ақ; шыға салысымен.*

**ШЫҒАРЫЛ=** ет. **1.** *Сыртқа қойылу.* **2.** *Өндірілу, дайындалу.* **3.** *Жұмыстан, ұйым мүшелігінен босатылу.* **4.** *Жинақталу, қорытындылану, есеп берілу.*

**Шығарылған мұздық.** сушар. *Аңғарлық мұздыққа ұқсас және қозғалыс жылдамдығының шапшаңдығынан мұздық қалқанның беткейінде бөлектеніп қалған мұздық.* **Шығарылған элемент.** мәшинежас. *Бұйымның бір бөлігінің үлкейтілген масштабтағы кескіні.*

**ШЫҒАРЫЛУ** *Шығарыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Есептелу.* **2.** *Өндірілу.* **3.** ауыс. *Жерлену.* **4.** ауыс. *Өсірілу.*

**ШЫҒАРЫЛЫМ** зат. **1.** *Лотерея, заем т.б. тәрізді қаржы операцияларын баспасөзде жариялау, айналымға түсіру.* **2.** *Жарияланым.*

**ШЫҒАРЫЛЫМ**[2] зат. экон. **1.** *Ақшаны не бағалы қағазды дайындап, айналысқа енгізу.* **2.** *Белгілі бір уақыт ішінде өндірілген дайын өнім.* **3.** *Кеден органдарының тауарды немесе көлік құралдарын кеден ресімдеуінен өткізілгеннен кейін тұлғаның толық билігіне табыстауы.* **4.** *Корпорация не үкімет ұйымы белгілі бір уақытта сататын акциялар не облигациялар.* **5.** *Корпорацияның не үкімет ұйінің кепілгер арқылы не жекеше орналастыру арқылы жаңа бағалы қағаздарды сатуы.* **6.** *Өндіріс көлемі.*

**ШЫҒАРЫЛЫМ-ШЫҒЫН** зат. экон. *Өнімді өндіру мен бөлудің сала аралық теңгерімі негізделетін экономикалық-математикалық теңгерімді үлесі.*

**ШЫҒАРЫНДЫ**[1] зат. экол. *Кәсіпорындар тобынан, кәсіпорыннан немесе адамнан қысқа уақыт ішінде немесе белгілі бір уақыт аралығында (сағат, тәулік) қоршаған ортаға түскен, шығарылып тасталған кез келген ластағыш заттар.*

**Шығарынды газдар.** экол. *Атмосфераға қозғалтқыштың шығару жүйесінен түзілетін, көптеген улы құрамдастары болатын заттектер.* **Шығарынды газдарға арналған тест.** экол. *Қалалық цикл деп аталатын, яғни қаланың орталығындағы жүру жағдайлары бойынша жүру кезінде автомобиль қозғалтқышының атмосфераны ластаушы заттектерді шығаруы анықталатын сынау.* **Шығарынды үшін төлем**. экол. *Ауаға, суға немесе топыраққа ластағыш заттектер шығарғаны үшін ластаушы негіздерге міндеттелетін төлем [Шығарылатын ластағыш заттектердің мөлшері мен түрлеріне орай ссептелінеді].*

**ШЫҒАРЫНДЫ**[2]**: шығарынды конусы.** геол. *Жер бедерінің жайпақ қиық конус бітімдес аккумуляциялық нысаны.*

**ШЫҒАРЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Бір нәрсені шығара түсу, аздап шығару.* **2.** *Біраз жерге дейін жөнелтіңкіреу, апарыңқырау.* **3.** *Даусын көтеріңкіреу, дауыстаңқырау.* **4.** *Қоюландырыңқырау, молайтыңқырау.*

**ШЫҒАРЫҢҚЫРАУ** *Шығарыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒАРЫС=** ет. **1.** *Малды айдасу, жіберісу.* **2.** *Жариялауға атсалысу.* **3.** *Батпақтан босатысу, көтерісу.* **4.** *Біраз жерге дейін еріп барысу, жолға салып жіберісу.* **5.** *Есеп тапсырмасын бірге орындасу.*

**ШЫҒАРЫСУ** *Шығарыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғарыға көтеріп алысу.* **2.** *Мал айдасу.* **3.** *Жинақтасу, қорытындыласу.* **4.** *Құрастыруға, жариялауға атсалысу.*

**ШЫҒАСЫ** зат. **1.** *Шығайын деп тұрған, бұйырмаған зат.* **2.** *Шығын, зиян.*

**Шығасыға иесі басшы**. *Шығынға иесінің өзі себепкер деген мағынада (зат я мал иесінің салақтығынан жоғалғанда айтылады).* **Шығасыдан сақтандыру.** экон. *Басқа бағалы қағаздарды иелену тәуекелдігін түгел немесе оның бір бөлігін қысқарту немесе бейтараптандыру үшін туынды бағалы қағаздарды (опциондар және мерзімдік мәміле сияқты) сатып алу немесе сату.*

**ШЫҒАСЫЛЫ** сын. *Шығыны мол, шығынды.*

**ШЫҒАСЫЛЫ-КІРЕСІЛІ** сын. *Есі бірде бар, бірде жоқ; аумалы-төкпелі, құбылмалы.*

**ШЫҒАСЫСЫЗ** сын. *Шығасы жоқ, шығасы болмайтын, шығынсыз.*

**ШЫҒАУЫЛ** зат. әск. *Белгілі бір істің, әрекеттің алдыңғы қатарында (шебінде) жүретін адам; авангард.*

**ШЫҒАШАҚ** сын. жерг. *Шығуға тиіс, шығатын.*

**ШЫҒАШЫҚ** сын. сөйл. ***Шығашақ.***

**ШЫҒУ**[1] зат. *Денеге шыққан ісік; кесел, шиқан, сыздауық.*

**ШЫҒУ**[2] зат. инф. <ағыл. exit> *Ағымдағы бағдарламадан оны іске қосқан жоғары деңгейдегі бағдарламаға шығу командасы; орындалып жатқан ағымдағы бағдарламадан оны басқарып отырған, яғни іске қосқан операциялық жүйемен байланысқан негізгі бағдарламаға ауысу үдерісі.*

**Шығу коды.** инф. <ағыл. exit code> *Сыртқы команданың немесе программаның аяқталуы кезіндегі пайдаланылатын код.* **Шығу пернесі.** инф. <ағыл. escape key> *Ағымдағы жұмыс режимімен бастапқы қалыпқа шығу үшін пайдаланылатын Escape басқарушы пернесі.*

**ШЫҒУ**[3] зат. спорт. *Гимнастикада жабдық үстіндегі гимнастың бастапқы қалпынан басқа жабдыққа ауысқанын білдіретін термин.*

**ШЫҒУ**[4] *Шық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мүшеліктен, жұмыстан босану.* **2.** *Көтерілу, жоғарылау.* **3.** *Бару, аттану.* **4.** *Қарсы алу.* **5.** ауыс. *Жеңіске жету.*

**ШЫҒУШЫЛЫҚ** зат. *Шығу ісін істегендік, шыққандық.*

**ШЫҒЫЛ=** ет. *Көтерілу.*

**ШЫҒЫЛУ** *Шығыл етістігінің қимыл атауы.*

**Шығылу коэффициенті.** физ. *Шағылған және түскен толқындар интенсивтілігінің қатынасы.*

**ШЫҒЫМ** зат. **1.** *Егістің, көкөністің, шөптің өсуі.* **2.** *Өнім, түсім.* **3.** кен. *Кеннен алынған өнім массасын бастапқы кен массасына шаққандағы пайыздық көрсеткіш.* **4.** хим. *Химиялық реакцияның толық жүруінің сипаттамасы, іс жүзінде алынған өнімнің мөлшерінің стехиометриялық теңдеу арқылы алынатын мөлшеріне қатынасы.*

**ШЫҒЫМДЫ** сын. **1.** *Шығымы жақсы; өнімді, түсімді (егін).* **2.** *Шығуы, көктеуі жақсы.* **3.** *Жарамды, мықты.* **4.** *Күреңітіп жақсы шығатын (шай).*

**ШЫҒЫМДЫЛЫҚ** зат. *Өнімділік, түсімділік.*

**ШЫҒЫМСЫЗ**[1] сын. **1.** *Нашар көктеген, шығуы төмен болған.* **2.** *Шығымы нашар, өнімсіз.*

**ШЫҒЫМСЫЗ**[2] сын. жерг. *Қолынан түк шықпайтын, сараң.*

**ШЫҒЫМСЫЗДЫҚ** зат. жерг. *Қолы тарлық, сараңдық; пайдасыздық.*

**ШЫҒЫМТАЛ** сын. *Жақсы шығатын, өсімтал; шығымды.*

**ШЫҒЫН** зат. **1.** *Бір нәрсеге жұмсалған қаржы.* **2.** *Босқа кеткен қаржы.* **3.** *Төленетін ақы.* **4.** ауыс. *Өлім-жітім.* **5.** көне. *Салық.* **6.** экон. *Белгілі бір мақсатта пайдаланылған ресурстардың ақшалай баламмен көрсетілген шамасы; бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың өнімді өндіруге, айналысқа жіберуге және өткізуге ақшалай нысанда жұмсаған шығыстарының жиынтығы.*

**Шығын болды.** *Зиян шекті, шығынданды.* **Шығынға батты.** *Зиян шекті, қарызданды.* **Шығынға батырды.** *Зиян шектірді, борыштың астында қалдырды.* **Шығынға белшеден батты.** *Мол шығынға ұшырады, қарызданды.* **Шығынға ұшырады.** а) *Өлім-жітім болды.* ә) *Көп шығынданды, зиян шекті.* **Шығындар сметасы**. экон. *Кәсіпорынның белгілі бір күнтізбелік кезеңде өнім өндіру мен өткізуге жұмсалатын шығындарының толық жиынтығы.* **Шығынды дисконттау**. экон. *Болашақтағы барлық кірістер мен шығындарды уақыттың бір кезеңіне келтіру.* **Шығын лимиті.** әск. а) *Бірлестіктерге белгілі бір кезеңде жауынгерлік және саяси дайындығын қамтамасыз ету үшін немесе операцияға жұмсау үшін болмаса жекелеген шараларды өткізу үшін бөлінетін материалдық құралдардың шектелген мөлшері.* ә) *Авиацияның, сауытты танктің, автотракторлық және басқа техниканың операцияда немесе күнделікті өмірде, белгілі бір кезеңдегі жауынгерлік және саяси дайындықты немесе жекелеген шараларды өткізу үшін пайдаланатын ресурстардың шектелген нормасы.* **Шығынның өтелімділігі.** сушар. *Белгілі бір уақыт ішінде шыққан шығынның өтелуі – гидротехникалық құрылысты салу кезіндегі жұмсалған қаржының орнын белгіленген уақытта толтырып, алғаш шығарылған шығындарды өтеу.* **Шығынын толтыру.** а) *Шығасыны өтеу, орнына келтіру.* ә) экон. *Төлеу.*

**ШЫҒЫН=** ет. сөйл. *Бір жаққа шығып кету, алыстау, ұзау, шеттеу; шығандау.*

**ШЫҒЫНДА**[1]**=** ет. **1.** *Қаржы жұмсау, ақша шығару.* **2.** *Босату, жұмсау, оқ ату.* **3.** *Ысырап қылу.* **4.** *Зиян шегу.* **5.** *Өлтіру, айырылу.* **6.** *Әуре болу.*

**ШЫҒЫНДА**[2]**=** ет. сөйл. ***Шығанда.***

**ШЫҒЫНДАЛ=** ет. **1.** *Қаржы жұмсау, шығын шығару.* **2.** әск. *Адамынан айырылу.* **3.** *Босқа кету, текке жұмсалу.*

**ШЫҒЫНДАЛУ** *Шығындал етістігінің қимыл атауы; шығын шығарылу.*

**ШЫҒЫНДАН=** ет. *Шығынға бату, залал шегу.*

**ШЫҒЫНДАНДЫР=** ет. *Шығынға ұшырату.*

**ШЫҒЫНДАНДЫРУ** *Шығындандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНДАНУ** *Шығындан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНДАР** сын. *Шығынға ұшыраған, шығынды болған (адам).*

**ШЫҒЫНДАТ=** ет. **1.** *Шығынға батыру.* **2.** *Шығын шығарту.* **3.** *Кемітіп алу.*

**ШЫҒЫНДАТУ** *Шығындат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНДАУ** *Шығында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қаржы жұмсау, ақша шығару.* **2.** ауыс. *Әуре болу.*

**ШЫҒЫНДЫ[1]** зат. **1.** *Бір нәрседен бөлініп шыққан зат; сыпырынды, қалдық.* **2.** матем. *Математикалық амалды орындағаннан кейін шығатын сан; нәтиже.*

**ШЫҒЫНДЫ[2]** сын. *Шығыны бар, шығыны көп.*

**ШЫҒЫНДЫР=** ет. **1.** *Ызғыта қуу, алды-артына қаратпау.* **2.** ауыс. *Сыйыстырмау, шетке шығару.*

**ШЫҒЫНДЫРУ** *Шығындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНСУ** *Шығынсы етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНСЫ=** ет. сөйл. ***Шығынсын.***

**ШЫҒЫНСЫЗ** сын. *Шығыны жоқ, шығын шығармай.*

**Шығынсыз қысу әдісі.** инф. <ағыл. lossless compression> *Сурет түріндегі бейненің сапасын сақтай отырып, мәліметтерді тығыздап қысу тәсілі.*

**ШЫҒЫНСЫН=** ет. *Шығын көру, шығын деп білу.*

**ШЫҒЫНСЫНУ** *Шығынсын етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНТ=** ет. *Оңашалату, жеке шығарту.*

**ШЫҒЫНУ** *Шығын етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫНШЫ=** ет. *Шығындану, шығын шығару.*

**ШЫҒЫҢҚЫ** сын. *Аздап ілгері шыққан, сыртқа қарай шығып тұрған.*

**Шығыңқы баспа.** баспа. *Мәтін мен суретті көбейтіп басатын негізгі полиграфиялық тәсілдердің бірі.*

**ШЫҒЫҢҚЫЛАУ** сын. *Аздап шығып тұрған, шығыңқыраған.*

**ШЫҒЫҢҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Шығыңқы болушылық, шығыңқырағандық.* **2.** <ағыл. undent> *Мәтіннің бірінші жолының басқа жолдардан ерекшеленіп, сол жақ өріске қарай шығып тұратын жаңа жол пішімі.*

**ШЫҒЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Сәл ғана ілгері шығу, аздап қана алға шығу.* **2.** *Сәйкес келмей, көлемінен асыңқырау.* **3.** ауыс. *Одыраю, көріну, біліну.* **4.** ауыс. *Ауытқу, бұра тарту.*

**ШЫҒЫҢҚЫРАУ** *Шығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫР[1]** зат. **1.** көне. *Терең сай табанынан дөң басындағы егістікке су шығару үшін жасалған, көлік күшімен айналдырылатын үлкен шеңбері, су жүретін науасы бар қарапайым құрал.* **2.** *Құдықтан су тартып шығару үшін, құдық аузына орнатылып, қолмен бұралатын, қарапайым жүк көтергіш ағаш құрал.* **3.** *Қарапайым жүк мәшине.*

**Шығыр арқан.** *Шикі қайыстан (түйе терісінен) өрілетін болмаса қыл қосып жүннен есілетін арқан.* **Шығыр атан.** *Суды құдық түбінен тарту үшін жегілетін көлік. Адай елінде оған мықты, шыдамды түйе малының еркегі жегіледі.* **Шығыр бала.** *Көлікке мініп (ат не түйе), әрлі-берлі жүргізіп тұратын бала.* **Шығыр тарту.** жерг. *Терең құдықтан көлікпен (көбіне түйемен) су тартып шығару.*

**ШЫҒЫР[2]** зат. сөйл. ***Шығыршық.***

**ШЫҒЫРДАЙ** сын. *Шығыр секілді, шығыр тәрізді.*

**ШЫҒЫРЛА=** ет. **1.** *Мойын жібіне шығыр (шығыршық) бекіту; байлап ұстау.* **2.** *Орау, шиыршықтау.*

**ШЫҒЫРЛАН=** ет. *Тізбектелу, өзара жалғасу.*

**ШЫҒЫРЛАНУ** *Шығырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫРЛАУ** *Шығырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫРЛЫ[1]** сын. *Шығыры бар, шығыр орнатылған.*

**ШЫҒЫРЛЫ[2]** сын. *Шығыршықты келген, шығыры бейнеленген.*

**ШЫҒАРМАГЕР** зат. жаңа. *Жазушы, қаламгер, шығарма жазушы.*

**ШЫҒЫРМАҚ** сын. *Жылы (күн).*

**ШЫҒЫРСЫЗ** сын. *Шығыры жоқ, шығырды қолданбай.*

**ШЫҒЫРШЫ** зат. *Егістікке шығырмен су шығарушы адам.*

**ШЫҒЫРШЫҚ[1]** зат. **1.** *Екі басы дөңгеленіп келіп, бір жерден түйіскен, ортасы ашық, кішірек келген жұмыр темір.* **2.** қолөнер. *Екі басы ішке қарай иілген өрнектің түрі.* **3.** *Дөңгелекше.*

**Шығыршық атты.** *Аспанға шапшыды.* **Шығыршық сырға.** зерг. *Салпыншағы дөңгеленіп келген сырға.*

**ШЫҒЫРШЫҚ[2]** зат. спорт. **1.** *Вестибулярлық аппаратты тепе-теңдік қалпын басқаратын мүшені жаттықтыру үшін гимнастар мен акробаттар қолданатын құрал.* **2.** *Көркем гимнастикадағы жаттығу құралдарының бірі.*

**ШЫҒЫРШЫҚ[3]** зат. жерг. *Сырғаның кішкене түрі, шығыршық сырға.*

**ШЫҒЫРШЫҚСЫЗ** сын. *Шығыршығы жоқ, шығыршық бекітілмеген. // Шығыршық тақпай, шығыршығы жоқ күйінде.*

**ШЫҒЫРШЫҚТА[1]=** ет. сөйл. ***Шиыршықта.***

**ШЫҒЫРШЫҚТА[2]=** ет. **1.** *Шығыршық бекіту, шығыршық тағу.* **2.** *Екі басын түйістіру, дөңгелектеу.*

**ШЫҒЫРШЫҚТАЙ** сын. сөйл. ***Тығыршықтай.***

**ШЫҒЫРШЫҚТЫ** сын. *Шығыршығы бар, шығыршық бекітілген.*

**ШЫҒЫС[1]** зат. **1.** геогр. *Жер шарының, әлемнің төрт жағының бірі; күн шығатын жақ.* **2.** *Бір нәрсенің шығыс жақ беті; батыс жағына қарама-қарсы жағы.* **3.** ауыс. *Жер шарының күн шығысында орналасқан ел, халық.*

**Шығыс өркениеті.** *Шығыс мәдениеттерінің әртүрлі уақыт және мекен кеңістігіндегі даму деңгейін бейналайтын жалпы атау.* **Шығыс тасымалы.** а) *Тропиктердегі немесе полярлық ендіктердегі тұрақты антициклондардың шетімен ауа массаларының шығыстан батысқа қарай едәуір тұрақты түрде тасымалдануының жалпы аты.* ә) *Барлық «жазғы» жартышар үстінде, стратосферадағы 20 км-ден жоғары биіктіктегі ауа массаларының шығыстан батысқа қарай тасымалдануы.*

**ШЫҒЫС[2]** зат. экон. **1.** *Кәсіпорынның шаруашылық қызмет барысында қаражатын (капиталын) азайтатын немесе міндеттемелерін көбейтетін жұмсаған немесе ұстаған шығыны.* **2.** *Ешқандай пайдасы жоқ, босқа (тегін) кеткен зат; шығын, зиян.*

**Шығыс балансы** экон. *Макроэкономикада ұлттық жалпы өнім өндіруге жұмсалған жиынтық шығысты және өндірілген ұлттық жалпы өнімнің түпкілікті тұтыну мақсатына пайдаланылуының балансы.* **Шығыстарды басқару.** *Шығындарды бақылауға және үнемдеуді қамтамасыз етуге бағытталған басқару қызметі.*

**ШЫҒЫС[3]** зат. *Егіннің шығымы, түсім.*

**ШЫҒЫС[4]: шығыс септік.** лингв. *Қимылдың кімнен, қайдан басталғандығын, шыққан орнын білдіретін септік түрі.*

**ШЫҒЫС[1]=** ет. **1.** *Бір-бірімен келісу, ұғысу, ынтымақта болу.* **2.** ауыс. *Жең ұшынан жалғасу, астыртын келісу.*

**ШЫҒЫС[2]=** ет. **1.** *Араздасу, кетісу, көрместей болу.*

**Шығыса алмады.** *Тату-тәтті тұра алмады, жараспады, сыйыса алмады.*

**ШЫҒЫС[3]=** ет. *Бірнеше адамның қатар, бірге шығуы.*

**ШЫҒЫС-БАТЫС** зат. *Шығыс пен батыстың түйіскен жері.*

**ШЫҒЫСТА=** ет. *Шығысқа бағытталу, ойысу.*

**ШЫҒЫСТАЙ** сын. *Шығыс сияқты, шығыс тәрізді.*

**ШЫҒЫСТАНДЫРУ** зат. жаңа. *Шығыстық сипат беру үдерісі.*

**ШЫҒЫСТАНУ** зат. ғыл. *Азия және ішінара Африка (негізінен Солтүстік Африка) елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, әдебиетін, этнологиясын, өнерін, дінін, философиясын, мәдениетінің материалдық және рухани ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым.*

**ШЫҒЫСТАНУШЫ** зат. *Шығыстану ғылымы жөніндегі маман, ғалым.*

**ШЫҒЫСТАУ** сөйл. *Шығыста етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫСТЫҚ[1]** сын. **1.** *Шығыс халқына тән, соған қатысты.* **2.** *Шығыстан шыққан, келген.*

**ШЫҒЫСТЫҚ[2]: шығыстық ағын.** инф. <ағыл. output stream> *Операциялық жүйемен шығару құрылғысына шығарылатын мәліметтер ағыны.*

**Шығыстық буфер.** инф. <ағыл. output buffer> *Компьютер жедел жадынан сыртқы құрылғыларға немесе желі арнасына жіберілетін шығыстық мәліметтерді уақытша (басқа құрылғыға жеткізгенге дейін) сақтауға арналған буфер.* **Шығыстық мәліметтер.** инф. <ағыл. output data> *Компьютердің мәліметтерді шығару құрылғысынан келіп түскен мәліметтер.* **Шығыстық параметр.** инф. <ағыл. output parameter> *Бағыныңқы бағдарламадан негізгі бағдарламаға қайтарылатын параметр; параметр – нәтиже.* **Шығыстық порт.** инф. <ағыл. output port> *Электроника көмегімен сыртқы құрылғыларды жалғастыратын компьютердегі ұя.*

**ШЫҒЫСУ** *Шығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҒЫСША** үст. *Шығыс салтымен, шығыс дәстүрінше.*

**ШЫҒЫСШЫЛ** сын. *Шығысқа еліктегіш, шығыс елдерін дәріптегіш.*

**ШЫҒЫТ** зат. этн. **1.** *Ұзатылған қыздың сиытқа апаратын киімдері.* **2.** *Қайтыс болған адамның сүйегіне түскендерге берілетін киімдер.*

**ШЫДА=** ет. **1.** *Басқа түскен қиыншылыққа, ауыртпалыққа төзу, көну, төтеп беру; табандылық көрсету.* **2.** *Сабыр ету, бөгелу, аялдау.* **3.** *Бұзылмай ұзақ уақыт сол қалпында сақталыну.*

**Шыдай алмады.** *Төзімі, ұстамы жетпеді.* **Шыдап бақты.** *Шыдады, төзді.* **Шыдап отыра [тұра, жата] алмады.** *Төзімі жетпеді, жаны жай таппады.*

**ШЫДАҒЫШТЫҚ** зат. *Шыдамдылық, төзімділік.*

**ШЫДАҚ** зат. жерг. *Шытақ, әлеміш, әшекей (киімге, үй жиһаздарына жапсырылатын әшекей).*

**ШЫДАМ** зат. *Төзім, тағат, сабыр; табандылық.*

**Шыдамнан шығарды.** *Маза бермеді, шыдатпады.* **Шыдамнан шықты.** *Төзімі кетті, шыдай алмады.* **Шыдам таппады.** *Мазасызданды, мазасы кетті.* **Шыдам тапты.** *Шыдап берді, шыдады.* **Шыдамы бітті.** *Төзімі таусылды.* **Шыдамы жетпеді.** а) *Шамасы жетпеді, әлі келмеді.* ә) *Төзімі кетті, тағатсызданды.* **Шыдамы кетті [таусылды].** *Тағаты таусылды, мазасызданды.* **Шыдамын сарқыды.** *Шаршатты, жанын жай таптырмады.* **Шыдамы тозды.** *Төзімі бітті, тағаты таусылды.* **Шыдамы шарт сынды.** *Төзімі жетпеді, шы дамы таусылды.*

**ШЫДАМА** зат. сөйл. ***Шыдам.***

**ШЫДАМАСТЫҚ** зат. *Шыдамсыздық, төзбестік, шыдай алмайтындық. // Шыдатпайтын, бет қаратпайтын.*

**ШЫДАМДЫ** сын. **1.** *Неге болса да шыдайтын, төзімді, көнбіс, сабырлы.* **2.** *Мықты, берік (зат).*

**ШЫДАМДЫҚ** зат. сөйл. ***Шыдамдылық.***

**ШЫДАМДЫЛЫҚ** зат. *Төзімділік, мықтылық, көнбістік; сабырлылық.*

**Шыдамдылықтан айырылды.** *Төзімі таусылды, шыдамы бітті.* **Шыдамдылық танытты [көрсетті].** *Шыдап бақты, төзді.*

**ШЫДАМДЫРАҚ** сын. *Төзімдірек, мықтырақ.*
**ШЫДАМПАЗ** сын. сөйл. ***Шыдамды.***
**ШЫДАМПАЗДЫҚ** зат. сөйл. ***Шыдамдылық.***
**ШЫДАМСЫЗ** сын. **1.** *Еш нәрсеге шыдай алмайтын, төзімсіз; көнбіс емес.* **2.** *Сабырсыз, күйгелек, тағатсыз (адам).*
**ШЫДАМСЫЗДАН=** ет. *Шыдамы таусылу, сабыры қалмау, тыпыршу, тағатсыздану.*
**ШЫДАМСЫЗДАНУ** *Шыдамсыздан етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫДАМСЫЗДАУ** сын. *Шыдамы аздау, тағатсыздау.*
**ШЫДАМСЫЗДЫҚ** зат. *Шыдамы жоқтық, төзімсіздік, тағатсыздық.*
**Шыдамсыздық көрсетті [етті, жасады, танытты, білдірді].** *Сабыр сақтай алмады, шыдамы жетпеді; тағатсыздық байқатты.*
**ШЫДАМШЫЛ** сын. *Шыдамды, төзімді.*
**ШЫДАС: шыдас бермеді [бере алмады].** *Шыдамады, төзбеді, жарамады.*
**Шыдас таппады.** *Шыдай алмады, шыдамы жетпеді.*
**ШЫДАС=** ет.*Шыдап бағысу, төзісу.*
**ШЫДАСУ** *Шыдас етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫДАТ=** ет. *Төздіру, шыдас бергізу.*
**ШЫДАТПА=** ет. **1.** *Төздірмеу, қинау.* **2.** *Жанына бату, қатты ауыру.* **3.** ауыс. *Мазасын алу, мазалау.* **4.** ауыс. *Күн көрсетпеу, сыйғызбау.* **5.** ауыс. *Бір нәрсені шақ келтірмеу, құрту; қоймау.*
**ШЫДАТПАЙ** үст. *Жиі-жиі, әлсін-әлсін, қайта-қайта.*
**ШЫДАТПАУ** *Шыдатпа етістігінің қимыл атауы; сыйғызбау.*
**ШЫДАТТЫР=** ет. *Маза бермеу, мазалау, тағатын таусу.*
**ШЫДАТТЫРУ** *Шыдаттыр етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫДАТУ** *Шыдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫДАУ** *Шыда етістігінің қимыл атауы; төзу, шыдас беру.*
**ШЫДЫР** сын. *Аласа, тапал.*
**ШЫЖ** елік. *Кенеттен быжылдап шыққан, үздіксіз дыбыстың бір үзігін білдіретін сөз.*
**Шыж ете қалды [түсті].** *Даусы оқыс шықты, шыр ете қалды.* **Шыж еткізді.** *Отқа қатты қыздырып, шы жылдатты, быжылдатты.* **Шыж көбелек болды.** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.*
**ШЫЖАҚ: шыжақ болды [қақты].** *Жанын салып бәйек болды, шыжақтады.*
**ШЫЖАҚТА=** ет. *Бәйек болу, шыжақ қағу, шырылдау.*
**ШЫЖАҚТАУ** *Шыжақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖАЛАҚ** сын. *Шыжбақай, шыбжың қаққан (адам).*
**Шыжалақ қақты.** *Шыжылдады, шыжақтады.*
**ШЫЖАЛАҚТА=** ет. *Шыжақ қағу, шырылдау.*
**ШЫЖАЛАҚТАУ** *Шыжалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖАНДАЙ** сын. *Қалың, шұбырған.*
**ШЫЖАҢДАЙ** сын. жерг. *Ығы-жығы, иін тірескен, сеңдей соғылысқан.*
**ШЫЖБАЙ**[1] зат. жерг. **1.** *Ары-бері шиырлаған із; айқыш-ұйқыш сызылған сызық, шимай.* **2.** *Ою-өрнек, нақыш.*
**ШЫЖБАЙ**[2] зат. жерг. *Текемет, түрлі түсті түскиіз.*
**ШЫЖБАЙЛА=** ет. *Айқыш-ұйқыш із қалдыру, шимайлау.*
**ШЫЖБАЙЛАУ** *Шыжбайла етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАЙ-ШЫЖБАЙ** сын. *Қатты шыжбайланған шиыр-шиыр.*
**ШЫЖБАҚ: шыжбақ болды.** *Шыжбақтады, бәйек болды.*
**ШЫЖБАҚАЙ**[1] зат. жерг. *Ою-өрнек, әшекей.*
**ШЫЖБАҚАЙ**[2] сын. *Шыжбық қаққан, шыжбаңдаған.*
**ШЫЖБАҚТА=** ет. *Шыжбақ қағу, шыжбалақтау, мазасыздану.*
**ШЫЖБАҚТАТ=** ет. *Шыжбалақтату, шыжбаңдату.*
**ШЫЖБАҚТАТУ** *Шыжбақтат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАҚТАУ** *Шыжбақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАЛАҚ** зат. *Күйгелек, шыж-быж.*
**Шыжбалақ қақты.** *Күйіп-пісіп шыжбақтады, тызылдады.*
**ШЫЖБАЛАҚТА=** ет. *Шыр-шыр етіп шыжақ қағу, шыжылдау.*
**ШЫЖБАЛАҚТАУ**[1] сын. *Шыдамсыздау, күйгелектеу.*
**ШЫЖБАЛАҚТАУ**[2] *Шыжбалақта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАЛАҢ** сын. *Шыжбақай, шыжбаң қаққан.*
**Шыжбалаң қақты.** *Күйіп-пісіп шыжбалаңдады, күйгелектенді.*
**ШЫЖБАЛАҢДА=** ет. *Күйіп-пісіп ашулану, шыжбалақтау.*
**ШЫЖБАЛАҢДАУ** *Шыжбалаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАҢ: шыжбаң еткізді.** *Жырбаң етті, шыжбаңдатты.*
**ШЫЖБАҢДА=** ет. *Шыжбық-шыжбық ету, тыпыршу.*
**ШЫЖБАҢДАТ=** ет. *Шыжбалаңдату, сабалау.*
**ШЫЖБАҢДАТУ** *Шыжбаңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБАҢДАУ** *Шыжбаңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖ-БЫЖ** елік. *Шыжылдап, быжылдап шыққан үздіксіз дыбысты білдіретін сөз. // Ашуланшақ, ашушаң. Қуырып пісірген ас, тағам.*
**Шыж-быж болды [етті].** *Күйіп-пісті, ашуланды.* **Шыж-быжға түсірді.** *Қинады, азаптады.* **Шыжбыжы шықты.** *Ашуланды, быжылдады, быж-быж етті, күйіп пісті.*
**ШЫЖБЫҚ** сын. *Шыжбың қаққан, шыжбақай.*
**ШЫЖБЫҚТА=** ет. *Шыжбаң қағу, шыжбыңдау.*
**ШЫЖБЫҚТАУ** *Шыжбықта етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБЫҢ** сын. *Шыжбыңдап қалған, жеңілтек.*
**ШЫЖБЫҢДА=** ет. *Ұшқалақтану, жеңілтектену, шыжбаңдау.*
**ШЫЖБЫҢДАТ=** ет. *Шыжбаң-шыжбаң еткізу, сабалау.*
**ШЫЖБЫҢДАТУ** *Шыжбыңдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБЫҢДАУ** *Шыжбыңда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖБЫҢ-ШЫЖБЫҢ** сын. *Желп-желп, шыжбыңдаған, желпілдеген.*
**ШЫЖГӨБЕК: шыжгөбек болды.** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.*
**Шыжгөбек етті.** *Шырылдатты, бәйек етті.*
**ШЫЖҒЫР=** ет. **1.** *Майды қызған ыдысқа салып еріту, қыздыру.* **2.** ауыс. *Шыжып кету, ысыту, күйдіру.* **3.** ауыс. *Ұрсу, екі аяғын бір етікке тығу.*
**ШЫЖҒЫРМА** зат. *Ыстық, қапырық, аптап.*
**ШЫЖҒЫРТ=** ет. **1.** *Ысу, қатты күйдіру.* **2.** ауыс. *Жанына батыру.*
**ШЫЖҒЫРТУ** *Шыжғырт етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖҒЫРУ** *Шыжғыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызған майға тамақты салып қуыру, қыздыру.* **2.** *Күйдіру, отқа шарпу.* **3.** ауыс. *Күннің ысуы, шыжу.* **4.** ауыс. *Кінәлау, айыптау.*
**ШЫЖҒЫРЫЛ=** ет. **1.** *Ыстық қазанға қуырылу, күйдірілу.* **2.** ауыс. *Күннің ыстығына, аптабына күю.*
**ШЫЖҒЫРЫЛУ** *Шыжғырыл етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖҒЫРЫНДЫ: шыжғырынды болды.** *Шыңдалды, төселді, үйренді.*
**ШЫЖКЕБЕКТЕН=** ет. *Бұртию, реніш білдіру.*
**ШЫЖКЕБЕКТЕНУ** *Шыжкебектен етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖКЕУЕК: шыжкеуек болды.** *Сұрланды, бұртиды.*
**ШЫЖКӨБЕК: шыжкөбек болды.** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.*
**ШЫЖ-МЫЖ** зат. сөйл. ***Шыж-быж.***
**ШЫЖ-ПЫЖ** зат. сөйл. ***Шыж-быж.***
**ШЫЖУ** *Шыжы етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖ-ШЫЖ** елік. *Шыжылдаған, шыж-быж еткен қайталама дыбысты білдіретін сөз.*
**Шыж-шыж етті.** а) *Шыж еткен, быжылдаған дыбыс шықты, шыжылдады.* ә) *Шыр-шыр етіп бәйек болды.*
**ШЫЖЫ**[1]**=** ет. **1.** *Отқа қыздырылу.* **2.** *Күн күйіп кету, ысу.*
**ШЫЖЫ**[2]**=** ет. ауыс. *Шылқу, толу.*
**ШЫЖЫҚ** зат. тамақ. **1.** *Шыжғырылған құйрық, іш майдың қалдығы.* **2.** ауыс. *Бейнет, азап, мехнат.*
**Шыжық болды.** *Бәйек болды, асты-үстіне түсті.*
**ШЫЖЫҚТАЙ** сын. *Шыжық сияқты, шыжық тәрізді.*
**Шыжықтай шыжғырды.** а) *Күн аптабы қайнап күйдірді, ысытты.* ә) *Қинады, жерден алып, жерге салды.*
**ШЫЖЫҚША** сын. *Шыжық секілді, шыжық құсатып.*
**ШЫЖЫЛ** зат. *Шыж-шыж еткен, шыжылдаған дыбыс.*
**ШЫЖЫЛДА=** ет. **1.** *Шыж-шыж ету, шыжғырылу.* **2.** ауыс. *Біреу үшін шырылдау, бәйек болу.*
**ШЫЖЫЛДАҒЫШ** сын. *Шыж-шыж деп дыбыс шығаратын, шыжылдайтын.*
**ШЫЖЫЛДАҚ** сын. *Ашушаң, күйгелек.*
**ШЫЖЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шыжғыру, шыж-шыж еткізу.* **2.** *Ыңылдату, сыңсу.* **3.** ауыс. *Ашу-ызасын қайнату.*
**ШЫЖЫЛДАТУ** *Шыжылдат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖЫЛДАУ** *Шыжылда етістігінің қимыл атауы; бәйек болу, жанын салу.*
**ШЫЖЫМ**[1] зат. *Арқан тәрізді, бірақ жіңішке етіп есілген мықты жіп.*
**ШЫЖЫМ**[2] зат. *Құпия, сыр, еміс хабар*
**ШЫЖЫМ**[3] зат. жерг. *Сым, сым темір.*
**ШЫЖЫМДА=** ет. **1.** *Шыжым жіппен байлау, бекіту.* **2.** ауыс. *Ақырындап, жаймен қозғау.* **3.** ауыс. *Сыздықтау, баяу шығу.*
**Шыжымдап жеткізді.** *Жайлап, бірте-біртелеп айтып берді.*
**ШЫЖЫМДАЙ** сын. *Шыжым сияқты, шыжым тәрізді.*
**ШЫЖЫМДАЛ=** ет. *Ныгырлану, түйнектелу, шиелену.*
**ШЫЖЫМДАЛУ** *Шыжымдал етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖЫМДАП** үст. **1.** *Ептеп, ақырындап.* **2.** *Нығырлап, қылғындыра.*
**ШЫЖЫМДАУ** *Шыжымда етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖЫМДЫ** сын. *Шыжымы бар, шыжым салынған.*
**ШЫЖЫМСЫ=** ет. *Арқандау, байлау.*
**ШЫЖЫМСЫЗ** сын. *Шыжымы жоқ.*
**ШЫЖЫНА=** ет. сөйл. ***Шыжы.***
**ШЫЖЫНАУ** *Шыжына етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЖЫҢ** зат. **1.** мед. *Қуықтың қабынуынан, басқа да кеселдің салдарынан түнде төсегіне кіші дәрет жіберіп қоятын ауру.* **2.** вет. *Ырықсыз несеп ағатын мал ауруы.*

**ШЫЖЫҢДЫҚ** зат. *Шыжың ауруымен ауырғандық.*

**ШЫЖЫТ=** ет. *Ыстықтату, қайнату, күйдіру.*

**ШЫЖЫТУ** *Шыжыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЙМАНДЫ** сын. сөйл. ***Шиманды.***

**ШЫҚ**[1] зат. **1.** *Суық түндерде шөп басына тұрып қалатын мөлтілдеген тамшы су.* **2.** геогр. *Ауа температурасы 0°С-қа шамалас кезде қалыптасатын атмосфералық ылғал.*

**Шық жуытпады [тигізбеді].** *Шаң жуытпады, кір келтірмеді, қорғаштады.* **Шыққа малынды.** бейн. *Жылтырап тұрды, шық көп тұрды.* **Шық нүктесі.** геогр. *Ауа өз құрамындағы су буы қанығатындай болып ауа салқындауға тиіс болатын температура (ылғал мен қысым өзгермеген жағдайда); шық түсу үшін қажет жағдай.*

**ШЫҚ**[2] зат. сөйл. ***Былшық.***

**ШЫҚ**[3] зат. көне. *Жазаның түрі.*

**ШЫҚ=** ет. **1.** *Бір жаққа баруға беталу, жөнелу, кету.* **2.** *Биікке көтерілу, өрмелеу.* **3.** *Алыс жолға аттану, сапар шегу.* **4.** *Сүйектің буынды жерден тайып кетуі.* **5.** ауыс. *Белгілі бір жасқа келу, толу.* **6.** ауыс. *Өсіп-өну, көктеу.* **7.** ауыс. *Пайда болу, жасалу.* **8.** ауыс. *Орнату, құру.* **9.** ауыс. *Баспа бетінде жарық көру, басылу.* **10.** ауыс. *Біліну, байқалу.* **11.** ауыс. *Ағу, жүру.* **12.** ауыс. *Таралу, жайылу, айтылу.* **13.** ауыс. *Жету, ілігу.* **14.** ауыс. *Арақ-шараптың бойға тарауы, тез жайылып мас қылуы.* **15.** ауыс. *Көріну, табылу.* **16.** ауыс. *Тегі жағынан таралушылық.* **17.** ауыс. *Жалықты, мезі болды.* **18.** *Негізгі етістіктермен тіркесіп келіп, көмекшілік қызмет атқарады.*

**Шыға келді.** а) *Бірден, тез пайда болды.* ә) *Кенет қарсы кездесті, жолықты.* б) *Тап берді, ұмтылды.* **Шыға ойлады.** *Салған жерден тез шешімге келді.* **Шыға ойламады.** *Алысты болжамады, терең ойламады.* **Шығатын ақпарат.** инф. *Кіретін ақпараттардың мәліметтерін өңдеу нәтижесінде есептеу машинасының беретін мағлұматтарының жиынтығы.* **Шыққан тауы биік болды.** *Зор табысқа жетті, жолы болды.* **Шыққан тауы биік болсын.** тілек. *Үлкен табыстарға жет, жолың болсын.* **Шықпаған шыбын жан.** *Құр сүлдер, қызықсыз өмір.* **Шықпа, жаным, шықпа.** *Шыда, төз, көн.* **Шықпа жаным шықпалады [шықпашылады].** *Ілдәдәмен күн кешті, шыдады, төзді.* **Шықпа жаным, шықпамен [деп] отырған [тұрған].** *Шыда, төз, көн деп отырған, ілділдамен күн кешкен.*

**ШЫҚ**[4] елік. *Екі қатты зат соғылғанда сызіліп шыққан жіңішке қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шық етті.** а) *Зып етті, тайып тұрды.* ә) *Тарс етті, тарсылдады.* **Шық үндей алмады.** *Ойындағысын айта алмады, сөйлейтін жерде сөйлемеді.*

**ШЫҚБАЙТАЛ: шықбайтал болу.** жерг. *Шетқақпай болу.*

**ШЫҚБЕРМЕС: Шықбермес шығайбай.** *Түк татырмайтын, нағыз сараң.*

**ШЫҚБЕРМЕСТІК** зат. *Сараңдық, қытымырлық.*

**ШЫҚГҮЛ** зат. өс. сөйл. ***Шықшөп.***

**ШЫҚЕТЕР** зат. этн. ойын. *Асық ойынының түрі.*

**ШЫҚЕТПЕ** сын. *Дымқылсыз, жауын-шашынсыз, құрғақ.*

**ШЫҚЖАПЫРАҚ** зат. өс. *Өсімдік түрі.*

**ШЫҚИ=** ет. *Әлдеқандай болып шікірею, сықию.*

**ШЫҚИЮ** *Шықи етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚҚЫЗ=** ет. *Шығару, шығуға көмектесу.*

**ШЫҚҚЫСЫЗ**: **кірсе [кірген кісі] шыққысыз.** *Көз тартарлықтай болып жайнап тұрған.*

**ШЫҚҚЫШ** сын. *Дыбысы немесе дауысы сазды, жақсы шығатын.*

**ШЫҚҚЫШТА=** ет. **1.** *Қайта-қайта тысқа шыға беру.* **2.** *Кескестеп жүру.*

**ШЫҚҚЫШТАУ** *Шыққышта етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚПЫРТ=** ет. **1.** *Қамшы, шыбық сияқты т.б. солқылдақ нәрсемен аямай ұрып-соғу, сабау.* **2.** ауыс. *Қоздыру.*

**Шықпырт тигендей.** *Көк ала қойдай, сау-тамтығын қалдырмай (ұру, соққыға жығу).*

**ШЫҚПЫРТУ** *Шықпырт етістігінің қимыл атауы; ұрғылау, сабау.*

**ШЫҚТА=** ет. жерг. **1.** *Сіркіреу, себелеп жауу.* **2.** *Буалдырландыру, тұмандандыру.*

**ШЫҚТАЙ** сын. *Шық секілді.*

**ШЫҚТАН=** ет. *Шық тұру, шық түсу.*

**ШЫҚТАНУ** *Шықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚТАСЫ** зат. жерг. *Шығасы, шығын.*

**ШЫҚТАСЫНДАУ** сын. *Шығыңқырап тұрған, биіктеу.*

**ШЫҚТЫ** сын. *Шығы мол, көп.*

**ШЫҚША** үст. *Шық тәрізді, шыққа ұқсап.*

**ШЫҚШӨП** зат. өс. <лат. drosera> *Биіктігі 25 см-ге жуық, ұсақ жәндіктермен қоректенетін, көпжылдық, шөптектес өсімдік.*

**ШЫҚ-ШЫҚ** елік. **1.** *Шықылықтаған дыбысты білдіретін сөз.* **2.** *Жүріп тұрған сағат тілінің дыбысын білдіретін сөз.*

**Шық-шық етті.** а) *Шықылдаған дыбыс шықты.* ә) *Шиқылдап күлді.* б) *Тықылдады, тырсылдады.* **Шық-шық тиді.** а) *Жағымсыз естілді.* ә) *Күннің көзі өтті, шекені шақты, қыздырып жіберді.*

**ШЫҚ-ШЫҚТА=** ет. сөйл. ***Шықылықта.***

**ШЫҚШЫЛ** сын. *Текті, таза (сой).*

**ШЫҚШЫЛАҚ** зат. өс. *Өсімдік түрі.*

**ШЫҚ-ШЫЛАҢ** зат. жерг. *Шық, қырау.*

**ШЫҚ-ШЫЛАУ** зат. жерг. *Шық, ылғал; жауын-шашын.*

**ШЫҚШЫЛДАҚ** зат. өс. *Көпжылдық шөптесін өсімдіктердің бір туысы.*

**ШЫҚШЫЛДЫҚ** зат. сөйл. ***Шықшылақ.***

**ШЫҚШЫТ** зат. **1.** анат. *Жақ сүйектің жоғарғы жағы.* **2.** этн. *Кимешектің иектен жоғарғы екі жақтауы.*

**Шықшыт безі.** анат. <лат. glandulae parotis, glandula – без, parotis – құлақ түбі> *Құлақ маңында орналасқан, өзегі арқылы ауыз қуысына сілекей бөлетін күрделі көпіршікті-түтікше без.*

**ШЫҚШЫТТА=** ет. **1.** *Шықшыттан, алқымнан ұстау; қылғындыру.* **2.** ауыс. *Қылғыту, толғау, асау.*

**ШЫҚШЫТТАУ** *Шықшытта етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚШЫТТЫ** сын. *Шықшыты шығыңқы.*

**ШЫҚШЫТТЫҚ** зат. *Самай.*

**ШЫҚЫЛ** зат. **1.** *Бір нәрсенің шық-шық еткен дыбысы, тықыл.* **2.** *Сағат тілінің тықылы, сыртылы.* **3.** *Құстың шықылықтаған дыбысы; шиқыл.*

**ШЫҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шық-шық, тық-тық еткен дыбыс шығару.* **2.** *Шықылықтау, шықылдау.* **3.** сөйл. ***Шылқылда.*** **4.** ауыс. *Шүпілдеу, лық толу.* **5.** ауыс. *Шіңгірлеу, шекені шағу, күйдіру.*

**ШЫҚЫЛДАҒЫШ** сын. *Көп шықылдайтын, қайта-қайта шық-шық ететін.*

**ШЫҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Шық-шық еткен, шықылдауық. // Сағаттың тілі.* **2.** ауыс. *Тықылдақ, көп сөйлейтін (адам).* **3.** ауыс. *Майда-шүйде іс, жұмыс.*

**ШЫҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шық-шық еткізіп соғу.* **2.** *Шыртылдату.* **3.** *Сыртылдату, қағу.*

**ШЫҚЫЛДАТУ** *Шықылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫЛДАУ** *Шықылда етістігінің қимыл атауы; шиқылдау.*

**ШЫҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Мазасыз, ұрыса беретін, шырт етпе.*

**ШЫҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Шықылықтаған дыбыс, шиқыл.* **2.** *Шақыл, сақыл.* **3.** *Арсыл-гүрсіл.* **4.** *Шаңқыл; шыңқіл, сыңқыл.*

**Шықылық атты.** а) *Шық-шық етті, шиқылдады.* ә) *Сақылдады, шақылдады.* б) *Шиқылдады, демікті.*

**ШЫҚЫЛЫҚТА=** ет. **1.** *Шықылық қағу, шиқылдау.* **2.** *Сақылдау, шақылдау.* **3.** *Тықылдау.* **4.** *Шыңқілдеу, сыңқылдау.*

**ШЫҚЫЛЫҚТАС=** ет. **1.** *Шықылық-шықылық етісу, шырылдасу, шиқылдасу.* **2.** *Саңқылдасу, сыңқылдасу, сықылықтасу.*

**ШЫҚЫЛЫҚТАСУ** *Шықылықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫЛЫҚТАТ=** ет. **1.** *Шырылдату, шиқылдату.* **2.** ауыс. *Сыпсыңдату.*

**ШЫҚЫЛЫҚТАТУ** *Шықылықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫЛЫҚТАУ** *Шықылықта етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫЛЫҚ-ШЫҚЫЛЫҚ: шықылық-шықылық етті [атты].** *Қайта-қайта шықылықтады, шиқылдады.*

**ШЫҚЫР=** елік. *Қышыр, сықыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШЫҚЫРЛА=** ет. **1.** *Шықыр-шықыр, шақ-шақ еткен дыбыс шығу.* **2.** *Қышырлау.* **3.** *Сықырлау.*

**ШЫҚЫРЛАМА** сын. *Шықырлайтын, сықырлайтын, сықыр-сықыр ететін.*

**ШЫҚЫРЛАС=** ет. **1.** *Шықыр-шықыр етісу, қышырласу.* **2.** *Сықырласу, сықырсықыр етісу.*

**ШЫҚЫРЛАСУ** *Шықырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫРЛАТ=** ет. **1.** *Шықыр-шықыр еткізу.* **2.** *Қышырлату.*

**ШЫҚЫРЛАТУ** *Шықырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫРЛАУ** *Шықырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҚЫР-ШЫҚЫР** елік. *Шықырлаған, сықырлаған қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Шықыр-шықыр етті.** а) *Шықырлады, шиқылдады.* ә) *Қышырлады.*

**ШЫЛ** зат. сөйл. ***Шіл.***

**Шылдың боғындай [тезегіндей] тозды [шашылды, өрді].** жерг. *Бытырады, тоз-тоз боп бет-бетіне кетті.* **Шыл мойын.** жерг. *Қылқиған, жіңішке мойын.*

**ШЫЛА**[1]**=** ет. **1.** *Құрғақ затқа су (май, сүт, айран, қаймақ т.б.) қосып араластыру, былғау.* **2.** *Жас ағу, жылау.* **3.** *Сүрту, шаю, жуу.* **4.** *Батырып алу, дымқылдау, ылғалдау.*

**ШЫЛА**[2]**=** ет. жерг. *Тазалау.*

**ШЫЛАБЫР** ор. зат. сөйл. *Басында шаң сүртетін, жуатын шүберекті орайтын таяқ.*

**ШЫЛАҚ** зат. сөйл. ***Боқат*** *(шлак).*

**ШЫЛАМ**[1] зат. **1.** *Жас, тамшы.* **2.** ауыс. *Шырмау, тұңғиық.*

**ШЫЛАМ**[2] зат. жерг. *Су өсімдігі, шылау.*

**ШЫЛАМА**[1] зат. жерг. *Майы аз араластырылған тағам.*

**ШЫЛАМА**[2] зат. жерг. **1.** *Тұзды, сортаңды, топырақты жер.* **2.** *Сор, тұз.*

**ШЫЛАН**[1] зат. жерг. *Қамыстан талдап жасалған қора-қопсы.*

**ШЫЛАН**[2] зат. өс. *Жиденің қолдан өсірілген, жемісі ірі, мәдени түрі.*

**ШЫЛАН**[3] зат. *Іркітке түскен май.*

**Шылан бітпеген.** жерг. *Шыр бітпеген, семірмеген, арық.* **Шылан түспеді.** жерг. *Іркітке май түспеді.*

**ШЫЛАН**[4] сын. жерг. ***Жіңішке.***

**ШЫЛАН=** ет. **1.** *Көзі жасаурау, сулану.* **2.** *Қатты терлеп, пора-порасы шығу.* **3.** *Суланып, араласып, былығу.*

**Шыланған периметр.** сушар. *Арналық ағынның көлденең қимадағы суастылық контурының ұзындығы, яғни судың көлденең қимадағы шектейтін қатты беттермен түйісу сызығы.*

**ШЫЛАНДЫР=** ет. *Дымқылдандыру, суландыру.*

**ШЫЛАНДЫРУ** *Шыландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛАНУ** *Шылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛАҢ** зат. өс. <лат. potamogeton> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын көпжылдық су өсімдіктері.*

**ШЫЛАПАЙ** зат. жерг. *Құдық түбінде жылтылдап көрінетін болар-болмас қана су.*

**ШЫЛАПШЫН** зат. жерг. **1.** *Кір, қол жууға пайдаланатын түбі таяз, металдан, пластмассадан жасалған көлемді ыдыс.* **2.** *Шомылуға арналған үлкен ыдыс.*

**ШЫЛАПШЫНДАЙ** сын. *Шылапшын тәрізді.*

**ШЫЛАПШЫНДАП** үст. *Шылапшынмен алып, шылапшынмен толтырып.*

**ШЫЛАРЖЫН** зат. жерг. *Биіктігі 50– 70 см-дей, селеу сияқты бір түптен шығатын, уақ дәні бар шөп.*

**ШЫЛАС=** ет. *Көзіне жас алысу, жыламсырасу.*

**ШЫЛАСУ** *Шылас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛАТ=** ет. **1.** *Суландыру, жасаурату.* **2.** *Лай жақтыру, араластыру.*

**ШЫЛАТУ** *Шылат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛАУ**[1] зат. **1.** көне. *Шаужай.* **2.** ауыс. *Ырық, ықпал.* **3.** ауыс. *Біреудің ықпалындағы малшы-жалшы, жоқ-жітік.*

**Шылауына оратылды.** *Айтқанына көнді, дегеніне жүрді.*

**ШЫЛАУ**[2] зат. лингв. *Сөйлем ішіндегі сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын жалғастырып, байланыстырып тұратын сөздер тобы.*

**ШЫЛАУ**[3] зат. өс. *Су ішінде өсетін өсімдік; балдыр.*

**ШЫЛАУ**[4] зат. **1.** *Тамшы, шық, ылғал.* **2.** *Белгі, тап, із.* **3.** *Былшық.*

**ШЫЛАУ**[5] зат. жерг. кәс. *Балық сыртындағы жылпылдаған шырын, шырыш.*

**ШЫЛАУ**[6] *Шыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Суға батырып алу, суға араластыру, сулау.* **2.** *Қосып былғау, араластыру.*

**ШЫЛАУДАЙ** сын. *Шылау тәрізді, балдырдай.*

**ШЫЛАУЖЫН** зат. *Жауынқұрт, шұбалшаң.*

**ШЫЛАУЛА=** ет. көне. *Шаужайлау.*

**ШЫЛАУЛАН=** ет. *Шықтану, сулану, мөлтілдеу, жасаурау.*

**ШЫЛАУЛАУ** *Шылаула етістігінің қимыл атауы; шөп-шаламнан тазалау.*

**ШЫЛАУЛЫ** сын. *Шылауы бар, шылау өсіп кеткен.*

**ШЫЛАУШАҢ** зат. сөйл. ***Шұбалшаң.***

**ШЫЛАУШЫН**[1] зат. сөйл. ***Шұбалшаң.***

**ШЫЛАУШЫН**[2] зат. сөйл. ***Шылауыш***[1]***.***

**ШЫЛАУШЫНДАЙ** сын. *Шұбалшаң секілді.*

**ШЫЛАУЫҚ** сын. **1.** *Тұманды, буалдыр.* **2.** биол. *Көз алмасы қасаң қабығы мен көз бұршағы аралығындағы қуысты толтыратын сұйық.*

**ШЫЛАУЫМ** зат. көне. ***Шылауыш***[1]***.***

**ШЫЛАУЫШ**[1] зат. көне. этн. *Кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал.*

**ШЫЛАУЫШ**[2] зат. *Шылайтын құрылғы.*

**ШЫЛАУЫШ**[3] зат. жерг. *Баланың бетіне түсетін жара.*

**ШЫЛАУЫШ**[4] зат. жерг. ***Сыпырғыш.***

**ШЫЛБУЫР** зат. сөйл. ***Шылбыр.***

**ШЫЛБЫ** зат. *Сабағында бүршіктері мен жапырақтары қарама-қарсы орналасқан өсімдік түрі, бұта.*

**ШЫЛБЫН** зат. сөйл. ***Шылбы.***

**ШЫЛБЫР** зат. этн. *Атты бір жерге байлау яки жетектеп жүру үшін ноқтаға, жүгеннің сулығына тағылатын, қылдан есілген жіңішке жіп немесе жалпақ қайыс.*

**Шылбыр берді.** а) *Көмектесті, жәрдемдесті.* ә) *Билік берді.* **Шылбыр бойы.** *Қашықтығы, ұзындығы шылбырдың ұзындығындай.* **Шылбыр жаға.** геогр. геод. а) *Өзеннің биік жағасын судың шайып-бұзуы салдарынан етегінде пайда болатын (беті тегіс) өсімдіксіз, енсіз өңір.* ә) *Кейде су басып қалатын өзен мен канал бойындағы жол.* **Шылбыр қашаған.** *Пысық.* **Шылбыр ұстатпады.** *Маңына жуытпады, зымырап, ағып өтті (жүйрік ат туралы).* **Шылбыр ұшын сұрады.** *Көмек, жәрдем тіледі.* **Шылбыр ұстату.** *Ат жарысында таңдаулылар алдында келу; бәйгеге іліну.* **Шылбырына жармасты.** *Шаужайынан алды.* **Шылбырына оралды.** *Құтті, қызмет көрсетті деген мағынада.*

**ШЫЛБЫРДАЙ** сын. *Шылбыр тәрізді.*

**ШЫЛБЫРЛЫ** сын. *Шылбыры бар.*

**ШЫЛБЫРТАСТАМ: шылбыртастам жер.** этн. *Шылбыр тастайтындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ШЫЛБЫРТАСТАРЛЫҚ: шылбыртастарлық жер.** этн. *Шылбыр тастайтындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

**ШЫЛБЫРША** үст. *Шылбыр секілді, шылбырға ұқсап.*

**ШЫЛҒАЙ** үст. сөйл. *Шылғи; тым, барып тұрған, өңкей.*

**ШЫЛҒАН=** ет. сөйл. *Су болу, суға малшыну.*

**ШЫЛҒАУ** зат. сөйл. ***Шұлғау.***

**ШЫЛҒИ**[1] сын. *Иленбеген, бабына келмеген (тері, қайыс).*

**Шылғи мес.** жерг. *Ысталмаған мес.* **Шылғи өтірік.** *Сөзінде бірде-бір шындық жоқ, бастан аяғына дейін жалған.*

**ШЫЛҒИ**[2] үст. сөйл. **1.** *Ылғи, өңкей, түгелдей.* **2.** *Нағыз.* **3.** *Өте, тым.* **4.** *Үнемі, өңкей.*

**ШЫЛҒИЛА=** ет. *Сулау, малшылау.*

**ШЫЛҒЫР** сын. *Жайқалған, ұзарып өскен.*

**ШЫЛДАЙ** сын. *Шіл секілді, шілдей.* Бүгін сол

**ШЫЛДАҚАНА** зат. сөйл. ***Шілдехана.***

**ШЫЛДЕҚАНА** зат. сөйл. ***Шілдехана.***

**ШЫЛДЫР**[1] зат. жерг. *Қауғаның кергішіндегі арқан байлайтын шығыршық.*

**ШЫЛДЫР**[2] елік. *Соғылған қоңыраудан, жұқа металдардың бір-біріне соқтығуынан шығатын, шыңғыр, сыңғыр еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылдыр етті.** *Шылдырлаған дыбыс шықты, шылдырлады.* **Шылдыр шүмек.** этн. *Ортаншы саусақ пен кішкентай саусақтың арасындағы саусақ.*

**ШЫЛДЫРА=** ет. **1.** *Шылдыр-шылдыр ету, шылдырлау.* **2.** *Шылжырау, болар-болмас қана ағу.*

**ШЫЛДЫРАТ=** ет. *Шылдырлату, сыңғырлату.*

**ШЫЛДЫРАТУ** *Шылдырат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛДЫРАУ** *Шылдыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛДЫРАУЫҚ** сын. *Шылдыр-шылдыр дыбыс шығаратын, шылдырайтын.*

**ШЫЛДЫРЛА=** ет. **1.** *Шылдыр-шылдыр ету, шылдырау.* **2.** *Шаң-шұң шығу.*

**ШЫЛДЫРЛАС=** ет. *Шылдырасу.*

**ШЫЛДЫРЛАСУ** *Шылдырлас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛДЫРЛАТ=** ет. *Шылдыр-шылдыр еткізу, шыңғырлату, сыңғырлату.*

**ШЫЛДЫРЛАТУ** *Шылдырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛДЫРЛАУ** *Шылдырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛДЫРЛАУЫҚ** сын. *Шылдырлай беретін, шылдырлайтын.*

**ШЫЛДЫРЛЫ** сын. *Сылдырлы, сыңғырлы.*

**ШЫЛДЫРМАҚ** зат. **1.** *Шылдыр-шылдыр еткен дыбыс шығаратын ойыншық, сылдырмақ.* **2.** кәс. *Балық аулауда қолданылатын қалтқының бір түрі.* **3.** этн. *Асатаяқ пен қобызға тағылатын сылдырмақ, әлекей-шүлекей салпыншақ.* **4.** *Мал мойнына тығылатын қоңырауша.* **5.** *Салпыншақ, әшекей.*

**ШЫЛДЫРМАҚТАЙ** сын. *Шылдырмақ тәрізді, шап-шағын.*

**ШЫЛДЫРМАҚТЫ** сын. *Шылдырмағы бар.*

**ШЫЛДЫРМАН** зат. *Музыкалық аспаптың түрі.*

**ШЫЛДЫР-СЫҢҒЫР** елік. *Шылдыраған, сыңғырлаған күрделі дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШЫЛДЫР-ШЫЛДЫР** елік. *Қайта-қайта шылдырлаған дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылдыр-шылдыр етті.** а) *Шылдырлады.* ә) *Сылдырлады; салдырлады.* б) *Сыңғырлады.*

**ШЫЛЖЫРА=** ет. *Тым аз мөлшерде ағу, сыздықтау.*

**ШЫЛҚ** елік. *Суды басқанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылқ етті.** *Солқ етті деген мағынада.*

**ШЫЛҚА** сын. *Шылқыған, шылқылдаған.*

**ШЫЛҚИ=** ет. сөйл. *Сылқию (сылқия тою).*

**Шылқия тойды.** *Кеңірдектен шыққанша жеді.*

**ШЫЛҚУ** *Шылқы етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛҚ-ШЫЛҚ** елік. *Шылқ-шылқ, сылқ-сылқ еткен қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылқ-шылқ етті.** а) *Шылқылдады, малмандай болды.* ә) *Сылқ-сылқ етіп қорпылдады.*

**ШЫЛҚЫ=** ет. **1.** *Шылқ-шылқ ету, шылқылдау.* **2.** *Қара су болу, қара су болып терлеу, терге малшыну.* **3.** *Көлку, көлкілдеу.*

**Шылқыған бай.** *Өте бай, дәулетті.*

**ШЫЛҚЫЛ** зат. *Шылқылдаған су деген мағынада.*

**ШЫЛҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шылқ-шылқ ету, көлкілдеу.* **2.** *Суға малшыну, малмандай болу.*

**ШЫЛҚЫЛДАҚ** сын. **1.** *Шылқылдаған, көлкіген.* **2.** *Батпақ.*

**ШЫЛҚЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шылқыту.* **2.** *Малмаңдай ету.* **3.** *Көлкілдету.*

**ШЫЛҚЫЛДАТУ** *Шылқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛҚЫЛДАУ** *Шылқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛҚЫМА** сын. **1.** *Ағыл-тегіл, көл-көсір, аста-төк.// Көлкіме.* **2.** ауыс. *Асыра айтылған, бөспе, көпірме.*

**ШЫЛҚЫМАЙ**[1] зат. сөйл. **1.** *Шылқыған байлық.* **2.** *Жайлы орын, молшылық.* **3.** *Аста-төк азық-ауқат, мол тағам.* **4.** *Шылқылдаған лайсаң, батпақ жер.*

**ШЫЛҚЫМАЙ**[2] сын. **1.** *Майлы.* **2.** ауыс. *Қан сасыған. // Қан майдан.*

**ШЫЛҚЫРТА** үст. жерг. *Шылқыта, мол-молдан (тамаққа қосылатын май туралы).*

**ШЫЛҚЫТ=** ет. **1.** *Шылқылдату.* **2.** *Малмандай ету, малшылау.*

**ШЫЛҚЫТУ** *Шылқыт етістігінің қимыл атауы*

**ШЫЛОТ** зат. *Өсімдік түрі.*

**ШЫЛП** елік. *Жалпақ затпен басқа затты, сұйықты ұрғанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылп етті [еткізді].** *Сылп, шалп еткен дыбыс шықты.* **Шылп етпеді.** *Тырп етпеді деген мағынада.*

**ШЫЛПАРА** сын. *Күлпара, быт-шыт.*

**Шылпара қылды [болды].** *Быт-шыт қылды (болды), күлпаршасын шығарды.*

**ШЫЛП-ШЫЛП** елік. *Шылпылдаған дыбысты білдіретін сөз.*

**Шылп-шылп басты.** *Аяғын шылпылдатты.* **Шылп-шылп етті.** *Қайта-қайта шылпылдады.*

**ШЫЛПЫҚ** зат. сөйл. **1.** *Малқора батпағы; шылқыған қи, көң.* **2.** ауыс. *Көзі қысық адам.*

**ШЫЛПЫҚТАУ** сын. *Көзі қысықтау.*

**ШЫЛПЫЛ** зат. *Шылп-шылп еткен дыбыс.*

**ШЫЛПЫЛДА=** ет. *Шылп-шылп ету, шыпылдау, сылпылдау.*

**ШЫЛПЫЛДАҚ**[1] зат. кәс. *Қайықта тұрып тереңде жүрген жайын балықты, қимылдап тұрған жемге суды шылпылдату арқылы алдап келтіріп қармақты қаптыруға арналған балық аулау құралы.*

**ШЫЛПЫЛДАҚ**[2] сын. *Шылп-шылп еткен, сулы, шалпылдақ (жер).*

**ШЫЛПЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шылп-шылп еткізу, шыпылдату, шалпылдату.* **2.** *Ернін сылп еткізу.*

**ШЫЛПЫЛДАТУ** *Шылпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛПЫЛДАУ** *Шылпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛПЫТ=** ет. *Шылпылдату.*

**ШЫЛТА** зат. этн. *Насыбай шақша түрі.*

**ШЫЛТИ=** ет. сөйл. **1.** ***Шілти.*** **2.** ауыс. *Қолы қысқа ру, кедейлену.*

**ШЫЛТИЮ** *Шылти етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫЛТЫҢ: шылтың ету.** *Жылтыңдау.*
**ШЫЛТЫҢДА=** ет. сөйл. ***Жылтыңда.***
**ШЫЛТЫҢДАТ=** ет. *Шелтеңдету, шолтаңдату.*
**ШЫЛТЫПЫРЫМ** үст. *Ісіп-кебу.*
**ШЫЛТЫРЫҚТАЙ** сын. сөйл. *Жылмағай.*
**ШЫЛШЫҢ** зат. сөйл. *Әзіл, қалжың.*
**ШЫЛЫҒУ** *Шылық етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫЛЫҚ** зат. *Дәстүрге жат нәрсе, былық.*
**ШЫЛЫҚТЫҚ** зат. *Былығушылық.*
**ШЫЛЫҚШЫ** зат. *Былықшылық жасайтын адам.*
**ШЫЛЫҚШЫЛ** сын. *Былықшыл, ескішіл.*
**ШЫЛЫМ[1]** зат. *Қағаз түтікке салынып, фабрикада жасалған не қолдан қағазға оралған темекі.*
**ШЫЛЫМ[2]** зат. өс. <лат. trapa> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын біржылдық су өсімдігі.*
**ШЫЛЫМ[3]** зат. кәс. *Балықтың қабыршағында болатын жабысқақ, желім тәрізді зат.*
**ШЫЛЫМДЫ** сын. *Шылымы бар, аузына шылым тістеген.*
**ШЫЛЫМДЫҚ: бір шылымдық.** *Бір тартатын темекі мөлшері.*
**ШЫЛЫМДЫЛЫҚ** зат. *Сыпайылық.*
**ШЫЛЫМҚОР** зат. *Шылым тартқыш, шылымқұмар.*
**ШЫЛЫМҚҰМАР** сын. *Шылым тартқыш, шылымқор.*
**ШЫЛЫМҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Темекі тартуға құмар болушылық.*
**ШЫЛЫМСЫЗ** сын. *Шылымы жоқ; темекісіз.*
**ШЫЛЫМШЫ** зат. *Шылым тартатын адам, шылымқор.*
**ШЫЛЫМШЫДАЙ** сын. *Шылымшы тәрізді.*
**ШЫЛЫМШЫЛ** сын. *Шылым тартқанды жақсы көретін.*
**ШЫЛЫМ-ШЫРПЫ** зат. *Темекі тартуға арналған қағаз, махорка, сіріңке секілді заттар.*
**ШЫМ[1]** зат. **1.** *Жердің жылдар бойы шөп тамырлары тұтасып өскен құйқалы қабаты.* **2.** *Қора-қопсы қабырғасын тұрғызуға, арық суын бекітуге, жүйектерге су таратуға пайдалану үшін күрекпен, кетпен мен жерден ойып алынған шым кесегі.*
**Шым бұлау.** кәс. көне. *Малдың екі бүйіріне шым қыздырып басып бусандыру тәсілі.* **Шым үй.** *Шымнан соғылған баспана.*
**ШЫМ[2]: шым болды.** жерг. *Су ыдыстың, яки арықтың ернеуімен бірдей болып толып тұрды.*
**ШЫМ[3]** сын. *Тұтас, тұтасқан.*
**Шым кесте.** этн. *Тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеу түрі.* **Шым ши.** этн. *Тұтас оралып тоқылған ши түрі; терме ши.*
**ШЫМ[4]** сын. *Қатты, берік.*
**ШЫМ[5]** сын. *Қоспасыз, таза.*
**Шым алтын.** кәс. *Қоспасыз, таза алтын.* **Шым болат.** көне. *Әбден шыныктырылған нағыз болат.* **Шым жасыл.** *Жап-жасыл.* **Шым жібек.** көне. *Таза жібек.* **Шым қара.** жерг. *Шымқай қара, қап-қара.* **Шым қараңғы.** *Қап-қараңғы, көзге түртсе, көрінбейтін, тастай қараңғы.* **Шым қызыл.** *Шымқай қызыл, қып-қызыл.*
**ШЫМ[6]** елік. *Әлсіз тыз еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*
**Шым етті.** *Тітіркеніп кетті, тыз ете қалды.*
**ШЫМ[7]: Шым батты.** *Көзден ғайып болды, жоқ болды.*
**ШЫМАЙТ** сын. сөйл. ***Шымдауыт.***
**ШЫМАЙТТЫ** сын. *Шымды; құнарлы.*
**ШЫМАЛ[1]** зат. зоол. *Құмырсқаның кішкентай түрі.*
**ШЫМАЛ[2]** зат. жерг. *Шіркей, шыбынның ең ұсағы.*
**ШЫМАЛАЙ** зат. өс. *Гүлінің түсі – көкшіл, ерте көктемде өсетін жуашықты өсімдік.*
**ШЫМАЛДАЙ** сын. **1.** *Шымал тәрізді, құмырсқадай.* **2.** *Өте ұсақ, майда, кішкентай.*
**ШЫМБАЙ** зат. *Жан; ішкі жан дүние, көңіл түпкірі.*
**Шымбайына батты.** а) *Шамына тиді, ашуын тұғызды.* ә) *Жанына батты, қатты қиналды.* **Шымбайына батырды.** *Жанына тидірді, намысына тигізіп қатты айтты.* **Шымбайына тиді.** *Жынын келтірді, намысына тиді.*
**ШЫМБАЙЛА[1]=** ет. *Тәуекел ету.*
**ШЫМБАЙЛА[2]=** ет. *Шамына тию.*
**ШЫМБАЛ: шымбал пеш.** жерг. этн. *Кішілеу пеш түрі.*
**ШЫМҒАН** зат. өс. *Жүзімнің кеш пісетін асханалық сорты.*
**ШЫМДА=** ет. *Өрнектеп тоқу.*
**ШЫМДАЙ** үст. **1.** *Бүтіндей, тұтастай.* **2.** *Шым сияқты.*
**ШЫМДАҚ** сын. *Шым болып тұтасқан, құйқалы; шымды.*
**ШЫМДАЛ=** ет. *Шым болып тұтасу, шымы қалың тарту.*
**ШЫМДАЛУ** *Шымдал етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМДАН=** ет. **1.** *Шымға айналу.* **2.** ауыс. *Беку, нығаю.*
**ШЫМДАНДЫРУ** зат. сушар. *Арналардың, бөгеттердің, су қоймасының жақтауларын шымтопырақпен бекіту әдісінің бір түрі.*
**ШЫМДАНУ** *Шымдан етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМДАУ** сын. *Шымы қалыңдау, аз да болса шым байланған (жер).*
**ШЫМДАУЫТ** сын. *Шымды келген, құйқалы (жер).*
**ШЫМДАУЫТТАН=** ет. *Шымдану, шымға айналу.*
**ШЫМДЫ** сын. *Шымы жақсы жетілген, шымы қалың (жер).*
**ШЫМҚА=** ет. **1.** *Жан-жағын қымтап орау.* **2.** ауыс. *Үйіп-төгу, қарқ қылу.*
**ШЫМҚАЙ** сын. **1.** *Біркелкі, біреңкей, бірыңғай.* **2.** *Бояу түсі қанық, қою.*
**Шымқай қара.** *Қап-қара, шой қара.* **Шымқай қызыл.** *Ашық түсті қызыл.*
**ШЫМҚАЛ=** ет. **1.** *Оралу, буылып-түйілу.* **2.** *Жайқалу.*
**ШЫМҚАЛАҒЫШ** зат. *Шымды қалайтын құрал, аспап.*
**ШЫМҚАЛУ** *Шымқал етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМҚАН=** ет. *Қымтану, орану.*
**ШЫМҚАНУ** *Шымқан етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМҚАУ** *Шымқа етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМҚАУЛЫ** сын. *Шымқалған, оралған; қымтаулы.*
**ШЫМҚЫ=** ет. жерг. *Уыстау, жиыра ұстау.*
**ШЫМҚЫ=** ет. **1.** сөйл. ***Шымшы.*** **2.** *Шөп тарту, тістеу; жеу.*
**ШЫМҚЫЛ: шымқыл тартты.** сын. *Қышқыл, ащылтым дәм білінді.*
**ШЫМҚЫМ** сын. жерг. *Болар-болмас, азғантай ғана, бір шымшым.*
**ШЫМҚЫН=** ет. *Оттау, қажау.*
**ШЫМРАУ** сын. сөйл. ***Шыңырау.***
**ШЫМТАЛ** зат. өс. сөйл. ***Шырымтал.***
**ШЫМТЕЗЕК** зат. **1.** *Малдың тезегі мен жердің шымы араласып тығыздалған, қыстай қорадағы мал жатқан жердің үстіңгі қабаты [күрекпен, кетпенмен бұрыштап ойып алып, отын ретінде пайдаланады яки жерді тыңайту үшін қолданады].* **2.** биол. *Өсімдіктерден жиналған массаның көмірге айналу сатысының алғашқы өнімі; жанатын пайдалы қазынды; торф.*
**Шымтезек битумдары [битумоидтері].** геол. *Төмен қайнайтын ерітінділер, әдетте, спирт-бензол немесе біртіндеп бензол және спирт-бензол арқылы шымтезектен алынатын құрамбөлік.* **Шымтезек кенорны.** геол. *Қуаты мен ауданы бойынша өнеркәсіптік мәні бар шымтезек жатынын білдіретін геологиялық ұғым.* **Шымтезек қалыптастырушылар.** геол. *Батпақты өңірде шымтезек шоғырларын түзетін өсімдіктер жиынтығы.* **Шымтезек қалыптасуы.** геол. *Грунт суларының деңгейі төмендегенде бұрын түзілген шымтезек шоғырының беткі қабаттарында микроағзалардың әсерінен біршама тез өтетін, шымтезек қабаты жаңа қалыптасқан түзілімдер есебінен қалыңдай түсетін биохимиялық үдеріс.* **Шымтезек сулары.** сушар. *Шымтезекті батпақтармен байланысты сулар.*
**ШЫМТЕЗЕКТІ** сын. *Шымтезегі бар (жерлер).*
**ШЫМТОПЫРАҚ** зат. биол. *Өсімдік қалдықтары, тамыры, өркендері тұтасып өскен топырақтың беткі қабаты.*
**ШЫМШУ** *Шымшы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шымшып алу (ұстау, салу), қымту.* **2.** ауыс. *Қағыту, кекету.*
**ШЫМШУЫҚ** сын. сөйл. ***Шымшыма.***
**ШЫМШУЫР** зат. *Жаққан оттың шаласын, шоғын, көмірін алатын сабы ұзын темір құрал; қысқаш.*
**ШЫМШУЫРЫН** зат. сөйл. ***Шымшуыр.***
**ШЫМ-ШУЫТ** зат. *Айқай-шу.*
**ШЫМШЫ=** ет. **1.** *Дененің бір жерін бас бармақ пен сұқ саусақтың ұшымен қысып ұстап бұрау, үзіп алу.* **2.** *Қымту.* **3.** ауыс. *Біреудің намысына тиіп, сөзбен қағыту, кекету.* **4.** ауыс. *Мазалау, жанына бату.*
**ШЫМШЫҚ** зат. зоол. <лат. parus> **1.** *Үлкендігі торғайдай, сұр, көк, қоңыр түсті, ерте көктемде келетін жыл құсы.* **2.** ауыс. *Қолдағы, икемге келіп тұрған қыз.*
**Шымшық дауыл.** жерг. *Сәуір айының орта тұсында соғатын дауыл, жел [Кей жерде шымшық торғай осы дауылдан кейін келеді деп санайды].*
**ШЫМШЫҚАУЫЗ** зат. өс. *Бір сағаққа үш жапырақ бірігіп бітетін, гүл қауашағы өте жұқа, шар тәрізді, ұш жағы құс балапанының аузы секілді ашылып тұратын, сабағы жіңішке, бұтағы аз, бақшада өсетін арамшөп.*
**ШЫМШЫҚБАС[1]** зат. өс. *Гүл қауашағы шымшықтың (торғайдың) басына ұқсас, сәндік үшін оны қолдан да егетін көпжылдық өсімдік.*
**ШЫМШЫҚБАС[2]** сын. *Басы кішкентай.*
**ШЫМШЫҚКӨЗ** зат. өс. *Ұсақ гүлді ботагөз.*
**ШЫМШЫҚОТЫ** зат. өс. сөйл. *Жұғымды, малазықтық шөп.*
**ШЫМШЫҚТА=** ет. жерг. *Шымшылау, шымшылап мазасын кетіру.*
**ШЫМШЫҚТАЙ** сын. **1.** *Шымшық тәрізді.* **2.** ауыс. *Кішкентай, шағын.*
**ШЫМШЫҚТАН=** ет. *Шымшық секілді шиқылдай беру, шырылдау.*
**ШЫМШЫЛ** зат. мед. *Шымши уқалаудың бір түрі.*
**ШЫМШЫЛ=** ет. сөйл. *Шымшып қысылу.*
**ШЫМШЫЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта шымши беру.* **2.** *Қытықтау.* **3.** ауыс. *Шымшып сөйлеу, қағыту, сөзбен тиісу.* **4.** ауыс. *Мазалау.*
**ШЫМШЫЛАС=** ет. *Шымшысу.*
**ШЫМШЫЛАСУ** *Шымшылас етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМШЫЛАТ=** ет. *Шымшыту.*
**ШЫМШЫЛАТУ** *Шымшылат етістігінің қимыл атауы.*
**ШЫМШЫЛАУ** *Шымшыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шымши беру.* **2.** ауыс. *Қағытпалау, сөзбен шымшу, кекету.* **3.** ауыс. *Жігерлендіру, қамшылау.*
**ШЫМШЫМ** зат. **1.** *Белгілі бір затты бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына қысып алғандағы сыйымдық өлшемі.* **2.** *Титтей.* **3.** *Бір кесім, кесіп аларлықтай (ет).*
**ШЫМ-ШЫМ[1]** сын. **1.** *Қол шыдарлықтай, сәл ғана ыстық (сұйықтық).* **2.** *Шаншыған, ашыған, шымырлатқан.* **3.** *Бет қаритын, ызғарлы.* **4.** *Тұңғиық, терең.*
**Шым-шым етті.** *Шымырлады.* **Шым-шым шықты.** *Тамшылады, моншақтады.* **Шым-шым шіміркті.** *Денесі шымырлап кетті, тітіркенді, дірілдеді.*

**ШЫМ-ШЫМ**[2] үст. *Ептеп, аз-аздап, ақырындап.*

**Шым-шым шымалақ.** көне. *Туа алмай жатқан малдан төлді тартып түсіргенде айтылатын сөз.* **Шым-шым, шымыр-ай, Шұбар аттың құйрығы-ай, Жануардың жүйрігі-ай!** этн. фольк. а) *Бие құлындап жатқанда айтылатын сөз.* ә) *Балалар ойынында қолданылатын сөз.*

**ШЫМ-ШЫМ: Шым-шым батты.** а) *Мүлде жоқ болды, көрінбеді.* ә) *Қатты тиді.*

**ШЫМШЫМА** сын. **1.** *Астарлы (қалжың), шақпа (сөз).* **2.** *Бет қаритын, ызғарлы (аяз).* **3.** ауыс. *Бүрiлiп, буылып тiгiлген.* **4.** ауыс. *Алайдүлей соққан.*

**Шымшыма аяз.** *Бет қаритын, шыткыл, шақпа аяз.* **Шымшыма әзіл.** *Астарлы, қағытпа қалжың сөз.* **Шымшыма нан**. *Кішкентай шелпек.*

**ШЫМШЫМАЛЫ** сын. *Шымшымасы бар.*

**ШЫМ-ШЫМДА**[1]**=** ет. *Шымырлау.*

**ШЫМ-ШЫМДА**[2]**=** ет. **1.** *Асықпау, баяулау.* **2.** ауыс. *Байсал тарту.*

**ШЫМ-ШЫМДАП** үст. *Аз-аздап, ептеп, ақырындап.*

**Шым-шымдап сөйледі**. *Суыртпақтап, қыбын тауып айтты.*

**ШЫМ-ШЫМДАТ=** ет. *Сыздықтату.*

**ШЫМШЫМПАЗ** сын. *Шымши беретін, тікенекті.*

**ШЫМШЫҢҚЫРА=** ет. *Каттырақ шымшу.*

**ШЫМШЫП-ШЫМШЫП** үст. **1.** *Қайтақайта шымшылап.* **2.** *Шаншып-шаншып, түйреп-түйреп.*

**ШЫМШЫС** зат. *Домбыра тарту тәсілі, шымшып тарту.*

**ШЫМШЫС=** ет. *Шымшыласу.*

**ШЫМШЫСУ** *Шымшыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМШЫТ=** ет. *Шымшылату.*

**ШЫМ-ШЫТ** зат. *Айқай-шу.*

**ШЫМШЫТТЫР=** ет. *Шымшытқызу.*

**ШЫМШЫТТЫРУ** *Шымшыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМШЫТУ** *Шымшыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМ-ШЫТЫР** сын. сөйл. ***Шым-шытырық.***

**ШЫМ-ШЫТЫРА=** ет. *Бытырау, жан-жаққа шашылу.*

**ШЫМ-ШЫТЫРАҚ** сын. сөйл. ***Шым-шытырық.***

**ШЫМ-ШЫТЫРЛЫҚ** сын. сөйл. *Шым-шытыр болушылық.*

**ШЫМ-ШЫТЫРМАН** сын. сөйл. ***Шым-шытырық.***

**ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ** сын. *Қым-қиғаш, бейберекет, шытырман.*

**ШЫМ-ШЫТЫРЫҚТАН=** ет. *Қым-қиғаш болу, күрделену.*

**ШЫМЫҚТЫР=** ет. сөйл. көне. ***Шынықтыр.***

**ШЫМЫЛДА=** ет. сөйл. **1.** *Тыз-тыз етіп ашу, шымырлау.* **2.** *Шаншу.*

**ШЫМЫЛДАТ=** ет. **1.** *Ашыту, тызылдату.* **2.** *Шымырлату.*

**ШЫМЫЛДАТУ** *Шымылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫЛДАУ** *Шымылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫЛДЫҚ** зат. этн. **1.** *Төсек-орынды басқалардың көзінен көлегейлеу, тасалау үшін ұсталатын перде.* **2.** *Сахнаны ашып-жауып тұратын сәнді перде.*

**Шымылдығың желбіреп [желпілдеп, желкілдеп] тұр ма?** кекесін. *Қайда асығасың, үйіңде жас жұбайың күтіп отыр ма деген мағынада.* **Шымылдық пеш.** *Үш құдық етіп кірпіштен қаланған мұржасы бөлмені екіге бөліп тұратындай етіп салынған жұқа пеш.*

**ШЫМЫЛДЫҚАШАР** зат. этн. *Ескі салт бойынша, күйеу жасайтын ырымдардың бірі.*

**ШЫМЫЛДЫҚБАЙЛАР** зат. этн. ***Шымылдыққұрар.***

**ШЫМЫЛДЫҚҚҰРАР** зат. этн. *Шымылдық құрғаны үшін құда-құдағилардан алынатын кәде.*

**ШЫМЫЛДЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Шымылдығы жоқ.* **2.** ауыс. *Бұлтсыз, тұмансыз.*

**ШЫМЫЛДЫҚТА=** ет. **1.** *Бүркеу, жабу.* **2.** ауыс. *Билеп алу, иектеу.*

**ШЫМЫЛДЫҚТАЙ** сын. *Шымылдық тәрізді.*

**Шымылдықтай жайқалу.** *Тербелу, теңселу.*

**ШЫМЫЛДЫҚТАН=** ет. **1.** *Буалдырлану.* **2.** *Мұнарту, бұлттану.*

**ШЫМЫЛДЫҚТЫ** сын. *Шымылдығы бар, шымылдық құрылған.*

**ШЫМЫЛДЫҚША** үст. *Шымылдықтай, шымылдық секілді.*

**ШЫМЫЛТЫР** зат. өс. *Басында ұсақ дәні бар қыр шөбі.*

**ШЫМЫР** сын. **1.** *Денесі мығым, тығыршықтай, жұп-жұмыр.* **2.** *Салқын, суық, ызғарлы.* **3**. *Өткір, шыңылтыр.*

**Шымыр денелі.** *Нығыз, мықты.* **Шымыр етті.** *Шымырлады.* **Шымыр түйе.** кәс. түйешар. а) *Жұмысқа мойымайтын жүк көтеріп жүрген сайын ширай түсетін жегін түйе.* ә) *Еті тығыз, денесі ауыр тартатын семіз түйе.*

**ШЫМЫР=** ет. қолөнер. *Боялған жүннен шиге өрнек салу.*

**ШЫМЫРА=** ет. сөйл. **1.** *Шымырлану, шынығу, шыңдалу, ширау.* **2.** *Шамырқану.*

**ШЫМЫРАН=** ет. *Ысыну, күйіп-жану.*

**ШЫМЫРАНТ=** ет. *Ширықтыру.*

**ШЫМЫРАНТУ** *Шымырант етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРАНУ** *Шымыран етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРАҢҚЫРА=** ет. жерг. *Қысыңқырау, сығыңқырау.*

**ШЫМЫРАТ=** ет. *Ширықтыру; ұздіктіру.*

**ШЫМЫРАУ: шымырау ши.** этн. кәс. *Боялған жүннен орап тоқылған мәнерлі, әшекейлі ши; шым ши.*

**ШЫМЫРАУ** *Шымыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРҚАН=** ет. **1.** *Ширау, шынығу, шымырлану.* **2.** *Қатулану, қаһарлану, шамырқану.* **3.** *Асығу, қылқылдату.* **4.** *Мызғымау.*

**ШЫМЫРҚАНТ=** ет. **1.** *Шіміркендіру, тітіркендіру.* **2.** *Шамырқану, буырқану, ашулану.*

**ШЫМЫРҚАНТУ** *Шымырқант етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРҚАНУ** *Шымырқан етістігінің қимыл атауы; шіміркену, тітіркену.*

**ШЫМЫРЛА=** ет. **1.** *Шымыр-шымыр ету, ақырын, жай бүлкілдеу.* **2.** *Тітіркену, түршігу.* **3.** *Шиыршық ату.*

**ШЫМЫРЛАН=** ет. **1.** *Шымыр болу, шынығу, шыңдалу.* **2.** *Қатқылдану, өткірлену.*

**ШЫМЫРЛАНДЫР=** ет. **1.** *Шынықтыру.* **2.** *Жиырыңқырау, ернін жымырыңқырау.* **3.** ауыс. *Сымбаттандыру, ажарландыру.*

**ШЫМЫРЛАНДЫРУ** *Шымырландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРЛАНУ** *Шымырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРЛАТ=** ет. **1.** *Түршіктіру, тоңазыту.* **2.** *Үздіктіру, есін алу.* **3.** *Тебірену.* **4.** *Шошыту, сескендіру.*

**ШЫМЫРЛАТУ** *Шымырлат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шым-шым еткізу.* **2.** ауыс. *Балқыту, елжірету, тамылжыту.*

**ШЫМЫРЛАУ**[1] сын. **1.** *Аздап шымыр, мықтылау.* **2.** ауыс. *Өктемдеу, қатқылдау.* **3.** ауыс. *Ынталырақ, жігерлірек, ширақтау.* **4.** ауыс. *Суықтау, шыңылтырлау.*

**ШЫМЫРЛАУ**[2] *Шымырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫМЫРЛЫ** сын. *Шымыр, бас-аяғы жинақы.*

**ШЫМЫРЛЫҚ** зат. **1.** *Шымыр болушылық, мықтылық.* **2.** *Өткірлік.*

**ШЫМЫРТ=** ет. **1.** *Шым-шым ету, дуылдау.* **2.** ауыс. *Түршіктіру, тоңдыру.* **3.** ауыс. *Безеру, түтігу, қанына қараю.*

**ШЫМЫР-ШЫМЫР** елік. *Ақырын, жай, бүлк-бүлк еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

**Шымыр-шымыр етті.** *Шымырлады.*

**ШЫМЫРУ** *Шымыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орау, шиыршықтау.* **2.** *Боялған жүннен шиге өрнек салу.*

**ШЫМЫРУЛЫ** сын. *Өрнектелген, оюланған.*

**Шымырулы ши**. *Боялған жүннен орап, мәнер, әшекей салған ши.*

**ШЫМЫРЫҚТАН=** ет. *Шымырлану, ұскіріктену.*

**ШЫН**[1] сын. **1.** *Нағыз, дәл, нақты.* **2.** *Ақиқат, шындық.*

**Шын бінайы.** *Сүйкімді, жағымды, мінәйім.* **Шын ғашық.** *Шынымен, қалтқысыз сүю.* **Шын жүректен.** *Шынайы, таза.* **Шын кім.** *Ақырет, кебін.* **Шын мәнінде [мағынасында].** *Дәл мағынасында, дұрысында, шындығында.* **Шын мәнісінде [мәнінде].** *Шынында, расында, шын мәнінде.* **Шын ниетпен.** *Бүкіл жанымен, бар пейілден.* **Шынның бетін бояды.** *Шындықты жасырып, бүркеді, өңін айналдырды.* **Шынның жүзі.** *Шындық, шындықтың көзі.* **Шын пейілімен.** *Шын жүректен, таза ниетпен, бар ынта-ықыласымен, адал көңілмен.* **Шын пікір.** *Шын сөз, жалған емес, ақиқат ойы.* **Шын сүйді.** *Қатты жақсы көрді, жан-тәнімен ұнатты.* **Шын ықыласымен.** *Ынты-шынтысымен, бар ниетімен, адал пейілімен.* **Шынын айтты.** *Ақиқатын, турасын білдірді.*

**ШЫН**[2] ар. зат. *Араб әліпбиіндегі он үшінші әріптің аталуы.*

**ШЫНАЙЫ** сын. **1.** *Дәл мәніндегі, нағыз.* **2.** *Шыншыл, таза, тура.* **3.** *Орынды, мықты.*

**Шынай қызыл.** *Нағыз бағалы, қымбат.* **Шынайы сұлулық.** *Хас сұлулық, нағыз әсемдік.* **Шынайы үлгі.** *Классикалық үлгі-нұсқа.* **Шынайы шеберлік.** *Хас шеберлік, асқан ұсталық, жоғары нәзік талғам.*

**ШЫНАЙЫЛА=** ет. **1.** *Көңілге қонымды ету.* **2.** *Шындап айналысу.*

**ШЫНАЙЫЛАН= е**т. *Нығаю, кемелдену.*

**ШЫНАЙЫЛАНУ** *Шынайылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНАЙЫЛЫҚ** зат. **1.** *Нағыз дәлдік, дұрыстық.* **2.** *Бүкпесіздік, адалдық.*

**ШЫНАҚ: шынақ моншақ.** зерг. *Жақ моншақ.*

**ШЫНАҚАЙ: шынақай жастық.** жерг. *Шынтақ жастық.*

**ШЫНАМДАЙ** сын. жерг. *Өте кіші, кішкентай, мардымсыз.*

**ШЫНАР** зат. **1.** <лат. platanus> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын өсімдік туысы; жапырақ тастайтын, жылы жақта өсетін, өте ірі әрі биік, жалпақ жапырақты ағаш.* **2.** ауыс. *Биік мақсаты, өр тұлға.*

**Шынар қоржын.** этн. *Гүлді, өрнекті, ортасы түкті қоржын.*

**ШЫНАРА** үст. сөйл. *Ішінара, ара-арасында, бірен-саран.*

**ШЫНАРДАЙ** сын. *Шынар ағашы сияқты.*

**ШЫНАРША** үст. *Шынар ағашына ұқсап.*

**ШЫНАРЫМ** зат. *Асылым, қымбаттым мәніндегі қаратпа сөз.*

**ШЫНАШ** зат. көне. *Байырғы тамақтың түрі.*

**ШЫНАШАҚ** зат. <лат. digitus minimus> *Ең кішкене бесінші саусақ.*

**Шынашағына тұрмайды [татымайды].** *Теңестіруге болмайды, түкке тұрғысыз.* **Шынашағын шыйыру [шошайту]**. *Қыз-келіншектердің*

*шайды ерекше ілтипат білдіре сызылып отырып құюы.* **Шынашақ елі**. этн. *Шынашақтың қалыңдығындай ғана, жұқа.* **Шынашақ саусақ.** анат. *Адамның қолының басындағы ең кішкентай саусақ.*

**ШЫНАШАҚТАЙ** сын. *Кішкентай, титтей.*

**ШЫНАШЫҚ: шынашық қазы.** этн. *Көлемі шағын қазының түрі.*

**ШЫНДА=** ет. *Көңіл қоя кірісу, ықыласпен істеу.*

**Шындаса шырқайтындай.** мысқыл. *Бар мүмкіндігін салса, жетістікке жететіндей деген мағынада.*

**ШЫНДАЙ** сын. *Шын сияқты.*

**ШЫНДАП** үст. *Шынымен кірісіп, дұрыстап.*

**ШЫНДАС=** ет. *Көңіл қоя кірісу, бар күшжігерін салысу.*

**ШЫНДАСУ** *Шындас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНДАУ** *Шында етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНДАУЫЛ** зат. муз. *Жезден жасалып, шанағының бір жағы көнмен қапталатын, дауылпазға ұқсас қазақтың соқпалы музыкалық аспабы.*

**ШЫНДЫҒЫНДА** мод. *Ақиқатына келсек, дұрысында.*

**ШЫНДЫҚ** зат. **1.** *Табиғи және қоғамдық-тарихи құбылыстар жиынтығының нақтылы дамуындағы объективтік реалдылық.* **2.** *Шынайылық, дұрыстық, ақиқат.*

**Шындық жолы.** *Ақиқат, нақты бағыт.* **Шындыққа жүгінді.** *Шындықты мойындады.* **Шындыққа жығылу.** *Шындықты мойындау.* **Шындық тілі.** *Ақиқат өмір туралы тура сөз.* **Шындықты іс жүзінен іздеу.** жерг. *Шындықты, ақиқатты нақты жұмыс барысында танып-білу, сырттай тон пішпеу.*

**ШЫНДЫҚСЫЗ** сын. **1.** *Шындығы жоқ, ақиқатсыз.* **2.** *Әділетсіз, әділдігі жоқ.*

**ШЫНДЫҚТАЙ** үст. *Шындық сияқты.*

**ШЫНДЫҚШЫЛ** сын. *Шындық сүйгіш, әділетшіл, ақиқатын айтатын.*

**ШЫНЖАЛАҚТА=** ет. *Шыжбалақтау, күйіп-пісу.*

**ШЫНЖАРА** зат. мед. *Ет пен тері арасына шығатын кеселді ісік.*

**ШЫНЖАУ** сын. *Нәзік, арық, әлсіз.*

**ШЫНЖАУЛАУ** сын. *Нәзіктеу, ілмиген.*

**ШЫНЖАУЛЫҚ** зат. *Нәзіктік, әлжуаздық.*

**ШЫНЖЫР** зат. **1.** *Бір-біріне ілмектеліп жасалған темір тізбек; бір-бірімен тізбектеле жалғасып, жеке қатаң буындармен құралған иілгіш бұйым.* **2.** ауыс. *Үстем тап өкілдерінің бұқара халыққа көрсеткен азабы; қыспағы.*

**Шынжыр арқан.** *Шынжырдан жасалған арқан.* **Шынжыр балақ, шұбар төс.** *Тегінен тұқымымен үстемдік етуші би-болыс, шонжар.* **Шынжыр белдік.** *Құрылысшылардың жұмыстың қауіпті жерінде беліне байлап алатын шынжырдан жасалған белбеуі.* **Шынжыр бұғау.** *Қылмысты адамның екі қолына кигізілетін, арасы шынжырмен байланысқан темір құрсау.* **Шынжыр кісен.** *Екі аяққа салынатын шынжыр бұғау, тұсау.* **Шынжыр сағақ.** *Шынжырлап жасалған сағалдырық деген мағынада.* **Шынжыр сауыт.** *Металдан шығыршықтап тоқыған сауыт.* **Шынжыр табақ.** тех. *Қатты заттарды уататын машина бөлшегі, тетігі.* **Шынжыр табан.** *Табаны шынжыр трактор.* **Шынжыр тігу.** этн. *Кесте тігу түрі [Шынжыр тігуде инені кері шаншып, екі қатар жіптің ортасынан алып тігеді].*

**ШЫНЖЫРБАУ** зат. **1.** этн. *Әдемілік үшін жылтыр металдан шынжырлап жасалған әшекей бау.* **2.** *Шынжырлап тоқылған жіп, шынжыр бүлдірге.* **3.** *Қайықты жағаға байлап қоятын шынжыр.*

**ШЫНЖЫРДАЙ** сын. *Шынжыр сияқты.*

**ШЫНЖЫРҚАТАР** зат. этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы биге қатысты ұғым; текті, жақсы тұқымнан шыққан, билігі мен байлығы үзілмей келе жатқан.*

**ШЫНЖЫРЛА=** ет. *Шынжырмен мықтап байлап тастау; бұғаулау.*

**ШЫНЖЫРЛАН=** ет. *Шынжырмен байлану, аяқ-қолына шынжырлы бұғау, кісен салыну.*

**ШЫНЖЫРЛАНУ** *Шынжырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЖЫРЛАТ=** ет. *Бұғау, кісен салдырту, кісендету.*

**ШЫНЖЫРЛАТУ** *Шынжырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЖЫРЛАУ**[1] сын. *Шынжаулау, ашаңдау.*

**ШАНЖЫРЛАУ**[2] *Шынжырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЖЫРЛАУЛЫ** сын. *Шынжырмен байланған, бекітілген.*

**ШЫНЖЫРЛЫ** сын. *Шынжыр таққан, шынжыр байланған.*

**Шынжырлы беріліс.** тех. *Параллель екі біліктің арасындағы айналысты біліктерге кигізілген тісті дөңгелектер (жұлдызша тәрізді) мен түйықталған шынжыр арқылы жеткізуге арналған беріліс.* **Шынжырлы шен, шұбар тон.** этн. *Асыл бұйым, қымбат киім деген мағынада.*

**ШЫНЖЫРТАБАНДЫ** сын. тех. *Табаны шынжырдан жасалған техникаға қатысты.*

**Шынжыртабанды қозғағыш.** әск. *Шынжыр табанның топырақпен тұтасуы негізінде машинаның бұрылысын, тура жүруін қамтамасыз ететін механизм.*

**ШЫНЖЫР-ШЫНЖЫР** сын. *Бұжыр-бұжыр.*

**ШЫННАН** мод. жерг. *Шынында, расында.*

**ШЫНТАҚ**[1] зат. анат. <лат. cubitum> **1.** анш. *Қолдың қар сүйегі мен білек сүйегінің түйіскен сырт жағы.* **2.** *Киім жеңінің шынтақ тұсы.* **3.** этн. *Ертеректе Орта Азия мен Қазақстанда кең тараған ұзындық өлшемдерінің бірі, қолдың ортаңғы саусақтарының ұшынан бастап, шынтақтың бүгілген жеріне дейінгі аралық.* **4.** жерг. *Кернейдің иіні.* **5.** жерг. *Жеңсіз камзолдың бір түрі.*

**Шынтақ буыны.** аңш. *Адам мен жануарлардың буын ойығы бар шынтақ сүйегі мен ұршық басы бар тоқпан жіліктің түйіскен, қозғалмалы буыны.* **Шынтақ жастық.** этн. *Жерде, яки сәкінің үстінде шынтақ астына қойып, жантайып жатуға арналған жастық, көпшік.* **Шынтақ тіресті.** *Бірге өсіп, бірге жұмыс істеді.*

**ШЫНТАҚ**[2] зат. этн. *Жеңсіз камзолдың бір түрі.*

**ШЫНТАҚҚҰРАҚ** зат. *Құрақ құрамы өте кішкене, майда тырнақ қатардан құралған түрі.*

**ШЫНТАҚТА=** ет. *Шынтағымен бір нәрсеге сүйену, таяну.*

**ШЫНТАҚТАЙ** сын. *Кішкентай, шынтақ сияқты аз мөлшерлі; қысқа.*

**ШЫНТАҚТАС=** ет. **1.** *Шынтақтары тиетіндей қатар отырысу, жату, түйістіру.* **2.** *Қатарласу, иін тіресу.*

**ШЫНТАҚТАСУ** *Шынтақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНТАҚТАТ=** ет. **1.** *Шынтағымен жатқызу, жантайту.* **2.** *Шынтақтарын тигізудіру.*

**ШЫНТАҚТАТУ** *Шынтақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНТАҚТАУ** *Шынтақта етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНТАҚТЫҚ** зат. *Киім жеңінің шынтақ тұсы.*

**ШЫНТЕМІР** зат. жерг. *Арба дөңгелегінің шені.*

**ШЫНТТА=** ет. сөйл. ***Шында.***

**ШЫНТТАС=** ет. сөйл. *Шындау, барын салып кірісу.*

**ШЫНТТАСУ** сөйл. *Шынттас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНТТАУ** *Пысықтау, істі тиянақтау.*

**ШЫНТУАЙТ** зат. *Болған істің шындығы, турасы, расы, ақиқаты.*

**Шынтуайтқа келгенде.** *Шындығында, шынтуайтқа келгенде.*

**ШЫНТУАЙТТАП**: **шынтуайттап келгенде.** *Шындығын айтқанда, дұрысына келгенде.*

**ШЫНША** зат. *Шыныдан жасалған бөтелке, шөлмек, флакон.*

**ШЫНШЫЛ** зат. *Шындықты айтатын, қалайтын, іздейтін, турашыл, әділетшіл.*

**ШЫНШЫЛДА =** ет. *Шындап, шын мәнінде.*

**ШЫНШЫЛДЫҚ** зат. *Шынын айтқыштық, адалдық, әділеттілік.*

**ШЫН-ШЫНЫ** сын. жерг. *Шын, айна қатесіз.*

**ШЫНЫ**[1] зат. **1.** хим. *Металл емес шикізатты балқытып суыту нәтижесінде алынатын химиялық әсерге төзімді, түссіз қатты материал, әйнек.* **2.** *Терезенің шыныдан жасалған көзі.* **3.** *Бөтелке, шөлмек.* **4.** *Дүрбі, бинокль.* **5.** хим. *Балқымаларды аса суыту арқылы алынатын аморфты денелердің жалпы аты.* **6.** тамақ. *Кварц құмының ерітіндісінен жасалған мөлдір түсті жұқа зат; фарфордан жасалған шай ыдысы.*

**Шыны кеседей.** *Фарфордан жасалған кесе сияқты.* **Шыны қоңырау.** хим. *Зертханаларда қолданылатын ыдыс-аспап.* **Шыны мақта.** хим. *Шыны талшықтарынан жасалған мақта.* **Шыны маталар.** хим. *Өте жіңішке шыны жіптерінен жасалған маталар [Арнаулы киімдер жасауда қолданылады].* **Шыны сүйек.** кәс. *Қатты сүйек, қақ сүйек, кеміксіз сүйек.* **Шыны тәрізді қабыршық.** мәшинежас. *Өзінің түсі мен пішіні тектес болып қалыптасатын қабыршақ.* **Шыны шөлмек.** *Шыныдан жасалған бөтелке.*

**ШЫНЫ**[2] сын. *Нағыз, шынымен, шын.*

**Шыны тұлпар**. *Шынайы жүйрік, сәйгүлік-саңлақ.* **Шыны май [құйрық].** этн. *Қазақы (құйрықты) қойдың ерітілген таза құйрық майы.*

**ШЫНЫАЯҚ** зат. *Фарфордан жасалған шай кесе; пиала.*

**ШЫНЫБАЛҚЫТУ** зат. хим. *Шикізаттық материалдарды қыздыру арқылы шыны массасын алу процесі.*

**ШЫНЫҒУ** *Шынық етістігінің қимыл атауы; дене жаттығуларын жасау арқылы тәнін ширату, төзімді ету, шынықтыру.*

**ШЫНЫҒУШЫЛЫҚ** зат. **1.** *Шыныға білгендік, шыныққандық.* **2.** кен. *Болаттың не басқа қорытпаның шынықтыруды белгілі бір тереңдікке дейін қабылдау қабілеті [шыныққан қабат негүрлым терең болса, шынығушылық соғұрлым жоғары болады].*

**ШЫНЫДАЙ** сын. *Шыны секілді, шыны тәрізді.*

**Шынындай шырт [тырс] етті.** *Болмашыға ашу шақырды, кейіді, ренжіді.* **Шыныдай шытынады**. *Ашуланды, шырт ете қалды.* **Шыныдай шытырлақ.** *Ашушаң.*

**ШЫНЫЖАҚҚЫМАЙЛАР** зат. хим. *Балқыған күйде майлағыш қасиет көрсететін шыны сияқты материалдар.*

**ШЫНЫЖАРЫҚШАҚ** зат. хим. *Ұсатылған, қайтадан қалпына келтіруге болатын шыны қалдықтары.*

**ШЫНЫКЕБЕКТЕН=** ет. жерг. *Ақталу, тазарып шығу.*

**ШЫНЫКӨЗ** зат. жерг. *Кішкене ақ түйме.*

**ШЫНЫҚ=** ет. **1.** *Денешынықтыру жаттығуларын жасау арқылы денесін ыстық, суыққа, ауруға төзімді ету, көндіктіру.* **2.** *Ауыр жұмысқа үйрену, төселу, машықтану.* **3.** *Тапталу, суарылу, төзімді болу (металл туралы).* **4.** *Идеялық, рухани жағынан шыңдалу, ысылу, нығаю.*

**ШЫНЫҚАП** зат. этн. *Көшкенде, қонғанда сынбас үшін шыны, фарфор ыдыстарды қаттап салып қоятын, шыбықтан тоқылған, киізден, былғарыдан тігілген кесеқап.*

**ШЫНЫҚТЫР=** ет. **1.** *Шыңдау, ысылдыру, төселдіру.* **2.** жерг. *Май шайқау, май былғау.*

**ШЫНЫҚТЫРУ** *Шынықтыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Денені шынықтырумен айналысу.* **2.** техн. *Қыздырылған материалды баяу салқындату кезінде пайда болатын қажетсіз процестерді болдырмау немесе қыздырылған материалды күрт*

*салқындату арқылы оның жоғары температурадағы күйін сақтауды жүзеге асыру үшін жүргізілетін термиялық өңдеу.* **3.** машинеж. *Аустенит толық немесе жартылай мартенситке немесе бейнитке түрленуін қамтамасыз ететін жағдайларда аустениттеуге және кейіннен салқындатуға негізделген термиялық өңдеу;*

**Шынықтыру майы.** машинеж. *Шынықтырғанда суыту ортасы ретінде қолданылатын май.* **Шынықтыру уақыты.** машинеж. *Металды (бұйымды) шынықтыруға салатын уақыт.*

**ШЫНЫҚТЫРЫЛ=** ет. *Термиялық өңделу.*

**Шынықтырылған қабат.** мәш. *Шынықтыру жүргізілген металдың (бұйымның) беткі қабаты.*

**ШЫНЫҚТЫРЫЛУ** *Шынықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЫҚЫШ** зат. хим. *Қыш және шыны негізіндегі композициялық материалдар.*

**ШЫНЫЛА=** ет. *Бір нәрсенің бетіне шыны салу, әйнектеу.*

**ШЫНЫЛАН=** ет. **1.** *Терезелену, әйнектелу.* **2.** хим. *Кристалдану, түйіршіктелу.* **3.** *Түссіздену, бозару.*

**ШЫНЫЛАНУ** *Шынылан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЫЛАТ=** ет. *Әйнектету, шыны салдыру.*

**ШЫНЫЛАТУ** *Шынылат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЫЛАУ** *Шынысла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шыны салу, әйнектеу.* **2.** кен. *Шыны тәрізді күйге көшіру.*

**ШЫНЫЛЫ** сын. *Шыны салынған, әйнекті; шынымен қапталған.*

**ШЫНЫЛЫҚ** сын. *Шыны жасауға арналған; шыныға тән.*

**Шынылық құм.** геол. *Шыны бұйымдарын дайындауға жарамды кварц құмдары.* **Шынылық құрылым.** геол. *Аморфтық шыныдан тұратын эффузиялық таужыныстың немесе оның арқауының құрылымы.*

**ШЫНЫМАҚТА** зат. тех. *Екі қатар шынымата аралығына шыны талшықтары салынып, шыныжіппен тігілетін шыны талшықтары.*

**ШЫНЫМАССА** сын. хим. *Шыны балқымалы.*

**ШЫНЫМАТАЛАР** зат. тех. *Шыны талшықтары жіптерінің өзара перпендикуляр айқаспасынан түзілген материалдар.*

**ШЫНЫМЕН** мод. *Расымен, шындығында.*

**ШЫНЫМҰЗ** зат. сушар. *Жылымық кезінде судан қалыптасқан мұз бетіне шыққан немесе жиналған сұр (ескі) мұздың үстіндегі жаңа қатқан жұқа мұз.*

**ШЫНЫНДА** мод. *Расында, шындығында.*

**ШЫНЫПЛАСТИКТЕР** зат. хим. *Шыны толтырғыштар мен термореактивтік шайырлар негізіндегі композициялық материалдар [құрылымдық (машинажасау) және құрылыстық материалдар негізінде қолданылады].*

**ШЫНЫСАУЫТ** зат. хим. *Шыны ыдыс.*

**ШЫНЫСЫЗДАН=** ет. **1.** хим. *Шынының бүкіл өне бойы кристалдануы.* **2.** геол. *Жанартаулық шынының қатты күйінде минералдардың жасырын кристалды агрегатына айналуы.*

**ШЫНЫСЫЗДАНУ** *Шынысыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫНЫТАЛШЫҚ** зат. хим. *Радио және электртехникада конструкциялық материал ретінде қолданылатын қысқа шыны талшықтар негізіндегі материал, шыныдан жасалған жіңішке талшық.*

**ШЫНЫТАСТЫҚ:шынытастық беймөлдір шыны.** хим. *Құрамында жарықты диффузиялап шашырататын көптеген майда көпіршіктер бар шыны.* **Шынытастық шыны.** хим. *Жоғары химиялық және термиялық тұрақтылығы бар шыны сияқты кремнезем.*

**ШЫНЫТЕКСТОЛИТ** зат. **1.** *Қабатты шынпластик.* **2.** хим. *Қабатталған пластикалық материалдар қатарында, шыныматалары негізінде жасалатын, механикалық төзімді, иілгіш, электрден қорғағыш зат.* **3.** мәш. *Шынымата және полимерлік байланыстырғыш негізінде жасалған көпқабатты пластик.*

**ШЫНЫШАҚША** зат. хим. <нем. Büchse> *Заттың аз мөлшерін өлшеуге және сақтауға арналған қақпағы тығыз жабылатын, кішкене шыны ыдыс.*

**ШЫНЫ-ШӘЙНЕК** зат. *Шыны, шәйнек т.б. шай ыдыстарының жалпы атауы.*

**ШЫНЫШӨП** зат. өс. жерг. *Жапырағы шыны (ақшыл көк) түстес шөп.*

**ШЫҢ[1]** зат. **1.** *Таудың ұшар басы.* **2.** *Сайдың, шатқалдың терең табаны; құз.* **3.** ауыс. *Бір нәрсенің шарықтау шегі, жеткен жері.*

**Шың асу.** *Биік белес, өткел.* **Шың ернек.** *Шыңды ернеу.* **Шыңына жетті [жеткізді].** *Тиықтатты, әлсіретті.*

**ШЫҢ[2]** зат. муз. *Жезден жасалған, дыбысы күшті, қазақтың көне соқпалы музыкалық аспабы.*

**ШЫҢ[3]** зат. қолөнер. жерг. *Құралдың жүзін балғамен соғып өткірлейтін төс түрі.*

**ШЫҢ[4]** зат. жерг. *Тас.*

**ШЫҢ[5]** зат. жерг. *Есіктің сыртқы ілгегін салатын орын, тетік.*

**ШЫҢ[6]** зат. жерг. *Арбаның ағаш дөңгелегінің сыртындағы темір шеңбер, шентемір.*

**ШЫҢ[7]** елік. *Шың еткен, шыңылдағандағы қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шың етті.** *Шыңылдаған дыбыс шықты, шыңылдады.*

**ШЫҢ=** ет. *Тықсыру, қырғидай тию.*

**ШЫҢАЙТ** зат. **1.** жерг. *Кішкентай төбе, дөңес жер.* **2.** ауыс. *Биік мақсат, арман.* **3.** ауыс. *Көңіл түкпірі.*

**ШЫҢАЙТ=** ет. **1.** *Төбе жасау, үю.* **2.** *Шыңдау, күшейту, дем беру.*

**ШЫҢАРТ** зат. *Биік-биік шың.*

**ШЫҢҒА** зат. жерг. **1.** *Сандықтың аузындағы, есіктегі құлып яки ілгек салынатын шығыршық темір.* **2.** көне. *Қоңырауша, сылдырмақ.*

**ШЫҢҒЫР=** ет. **1.** *Құлақты жара жан даусын шығарып айқайлау; құлындағы даусы шығу.* **2.** *Жылқының шошынғанда қатты дыбыс шығаруы.*

**ШЫҢҒЫРЛА=** ет. сөйл. **1.** *Шыңғыр-шыңғыр ету, сыңғырлау.* **2.** ауыс. *Бірінен бірі өту, оқшаулану.*

**ШЫҢҒЫРЛАТ=** ет. **1.** *Шыңғыр-шыңғыр еткізу, шыңғырлаған дыбыс шығару.* **2.** *Бокалды түйістіріп сыңғырлату.*

**ШЫҢҒЫРЛАТУ** *Шыңғырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢҒЫРЛАУ** *Шыңғырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢҒЫРТ=** ет. **1.** *Қинап, жан даусын шығарту.* **2.** *Қатты айқайлату.* **3.** *Зар қақтыру, қыңсылату.* **4.** ауыс. *Сайрату, аңырату.*

**ШЫҢҒЫРТУ** *Шыңғырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢҒЫРУ** *Шыңғыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢҒЫРЫҚ** зат. *Құлақ жарғандай ащы дауыс.*

**ШЫҢҒЫРЫП-ШЫҢҒЫРЫП** үст. *Қатты-қатты айқайлап, қайта-қайта шыңғырып.*

**ШЫҢҒЫРЫС=** ет. **1.** *Үркіп, қорқып кісінесу, яки күйті келген бие мен айғырдың бір-бірін иіскеп дыбыс шығаруы, мекірену.* **2.** *Шошқалардың қатты дыбыс шығаруы.*

**ШЫҢҒЫРЫСУ** *Шыңғырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢДА=** ет. **1.** *Шалғы, күрек, кет пен сияқты еңбек құралдарын төске салып, балғаның сүйір жүзімен ұрып өткірлеу, таптау.* **2.** *Шынықтыру, ширату, жетілдіру.* **3.** ауыс. *Рухани, саяси жағынан ой-өрісін, дүние танымын нығайту, шынықтыру.*

**ШЫҢДАЙЫНДА** мод. жерг. *Шынында.*

**ШЫҢДАЛ =** ет. *Шынығу, ширатылу.*

**ШЫҢДАЛУ** *Шыңдал етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢДАН=** ет. **1.** *Өткірлену, тапталу.* **2.** *Шынығу, ширау.*

**ШЫҢДАНДЫР=** ет. *Жетілдіру, ұштау.*

**ШЫҢДАНДЫРУ** *Шыңдандыр етістігінің қимыл атауы; ширықтыру, жетілдіру.*

**ШЫҢДАНУ** *Шыңдан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢДАС=** ет. **1.** *Құрал жүздерін өткірлесу.* **2.** *Суарысу.* **3.** ауыс. *Атсалысу, үлес қосу.*

**ШЫҢДАСУ** *Шыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢДАТ =** ет. *Өткірлету, шынықтыру.* **2.** ауыс. *Биіктету, шырқату.*

**ШЫҢДАТУ** *Шыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢДАУ** *Шыңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өткірлеу, таптау.* **2.** ауыс. *Жетілдіру, ұштай түсу.* **3.** ауыс. *Ой елегінен өткізу.*

**ШЫҢДАУЛЫ** сын. *Өткірленген, қайралған.*

**ШЫҢДАУШЫ** зат. **1.** *Құрал-саймандарды шыңдайтын адам.* **2.** ауыс. *Рухани байлығын жетілдіруші, нығайтушы.*

**ШЫҢДАУЫЛ[1]** зат. муз. *Жезден жасалып, шанағының бетін көнмен қаптаған, қазақтың соқпалы ұлттық музыкалық аспабы.*

**ШЫҢДАУЫЛ[2]** зат. *Қарауыл, шолғыншы.*

**ШЫҢДАУЫЛШЫ** зат. көне. *Шолғыншы.*

**ШЫҢДЫ** сын. *Шыңы бар.*

**ШЫҢЖАУ** сын. *Нәзік, әлжуаз.*

**ШЫҢЖІП** зат. кәс. *Пысық ширатылған кілемнің жібі.*

**ШЫҢ-ШЫҢ** елік. *Шыңылдаған, жіңішке ұзақ сүзіліп шыққан дыбысты білдіретін сөз.* // *Мыңғы-дыңғы, әңкі-тәңкі.*

**ШЫҢҚ** елік. *Сүзіліп шыққан қысқа есілген жіңішке дыбысты білдіретін сөз.*

**ШЫҢҚЕТЕР** зат. өс. <лат. impatiens> *Бальзамин тұқымдасына жататын дәрілік, әсемдік өсімдік.*

**ШЫҢҚОБЫЗ** зат. сөйл. ***Шаңқобыз*** *[Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында, Қырғызстанда ел ішінде кездесетін, ерінге қойып үрлеп тартатын музыкалық аспап].*

**ШЫҢ-ҚҰЗ** зат. *Биік шың мен терең құз.*

**ШЫҢ-ҚИЯ** зат. *Тік беткейлі шың, қия жартас.*

**ШЫҢҚ-ШЫҢҚ** елік. *Қайта-қайта шыңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шыңқ-шыңқ етті**. *Шыңқыл қақты, шыңқылдады.*

**ШЫҢҚЫЛ** зат. *Шыңқылдап шыққан дыбыс.*

**ШЫҢҚЫЛДА=** ет. **1.** *Шаңқ етті.* **2.** *Шәңкілдеу, шаң-шұң шығару.*

**ШЫҢҚЫЛДАҚ** сын. *Даусы шыңқ-шыңқ еткен, шыңқылдаған.*

**ШЫҢҚЫЛДАУ** *Шыңқылда етістігінің қимыл атауы; шәңкілдеу.*

**ШЫҢЛА=** ет. сөйл. *Тым биікке көтеру, шыңына шығу, шарықтау.*

**ШЫҢЛАУШЫ** зат. көне. **1.** *Темір ұстасы, қару соғушы ұста.* **2.** ауыс. *Сөздің майын тамызатын, шешен.*

**ШЫҢТАУ** зат. *Биік тау.*

**ШЫҢ-ШАТҚАЛ** зат. *Биік шың мен тар қыспақты аңғар; шың-құз.*

**ШЫҢ-ШҰҢ** елік. *Шаңқ-шаңқ еткен, шыңылдаған, шыңылдаған жіңішке ұзақ созылған дыбысты білдіретін сөз.*

**ШЫҢ-ШЫҢ** елік. *Қайта-қайта шыңылдап шыққан дыбысты білдіретін сөз.*

**Шың-шың етті [еткізді].** *Шыңқылдаған, шыңғырлаған дыбыс шығарды.*

**ШЫҢ-ШЫҢДА=** ет. *Шыңылдау.*

**ШЫҢЫ=** ет. *Жөнделу, түзелу; беку, қатаю.*

**ШЫҢЫЛ** зат. **1.** *Бір заттың екінші затқа соғылғандағы шың ете қалған, шыңылдаған дыбысы.* **2.** ауыс. *Шың-шың етіп құлаққа естілген жағымсыз дыбыс, шуыл.*

**ШЫҢЫЛДА=** ет. **1.** *Шың-шың етіп дыбыс шығару.* **2.** *Құлағы шуылдау, басы зеңгу.*

**ШЫҢЫЛДАҚ** сын. *Шыңылдап шыққан, құлаққа жағымсыз (дауыс.).*

**ШЫҢЫЛДАТ=**е т. *Шың-шың еткізу [темірді ұру немесе темірді бір-біріне ұрғанда шығатыға ұқсас дауыс шығару].*

**ШЫҢЫЛДАТУ** *Шыңылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢЫЛДАУ** *Шыңылда етістігінің қимыл атауы, құлақтың жабылып, ызыңдауы.*

**ШЫҢЫЛТЫР**[1] з а т. з е р г. *Зергерлікте арнайы тәсілмен бұйым сыртына жалатылған жылтырақ қабат.*

**ШЫҢЫЛТЫР**[2] з а т. ө с. *Астық тұқымдас, көпжылдық дәнді шөп.*

**ШЫҢЫЛТЫР**[3] с ы н. **1.** *Ызғары бет қаритын құрғақ (аяз).* **2.** *Сұр, сұрқыл.* **3.** *Жұқа, сетінеген.* **4.** *Мінезі тызетпе, жайлы емес.*

**Шыңылтыр аяз.** *Бет қаритын аяз.*

**ШЫҢЫЛТЫР**[4]**: шыңылтыр бие.** *Өмірі ет алып, тойынбайтын не бойына шыр бітпейтін бие.* **Шыңылтыр ешкі.** *Жас кезінде енесінің уыз сүті мен жай сүтіне жарымай немесе енесі қақтала сауылып, сүттен қағылжың болып, кеш отығып, ет алып семірмейтін ешкі.*

**ШЫҢЫЛТЫРЛАН=** е т. **1.** *Қатты суу, ызғарлану.* **2.** *Қарлығыңқырау, жіңішкеру (дауыс).* **3.** *Жұқару, азу, арықтау.*

**ШЫҢЫЛТЫРЛАНУ** *Шыңылтырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫҢЫРА=**е т. *Сыңғырлау; шырқау.*

**ШЫҢЫРАУ** з а т. **1.** *Құмды, шөлейт жерлерде тереңдігі 100 метрге дейін қазылған құдық. // Өте терең, түпсіз. // Құлама-құлди, құз. // Өте терең жер.* **2.** а у ы с. *Ауыр азапты өмір, қиыншылығы мол кезең.* **3.** *Түрме, абақты, зындан.* **4.** а у ы с. *Биіктік, шың, құлама жар қабақ.* **5.** а у ы с. *Өте алыс, жете алмас жер.* **6.** а у ы с. *Биік, қол жетпес арман.* **7.** б е й н. *Көз жанары.*

**Шыңырау құдық.** *Тереңдігі 10 метрден асатын, одан да терең, суы мөлдір құдық.* **Шыңырау құз.** *Өте биік құлама құз, жартас.*

**ШЫП**[1] с ы н. ж е р г. *Шып-шып, шұмпілдеген, шұпілдеген, толы.*

**ШЫП**[2] е л і к. **1.** *Қамшы, шыбық, сойыл, арқан т.с.с. денеге ұрылғанда шығатын дыбысқа ұқсас жіңішке қысқа дыбысты білдіретін сөз.* **2.** *Тердің, судың тамшылап бөлініп шыққандағы дыбысына ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

**Шып етті [еткізді].** а) *Денені қамшымен, шыбықпен т.б. затпен ұрып қалды, соғып жіберді.* ә) *Қан, тер сияқты заттар бірден лып етіп шықты.* **Шып етпеу.** ж е р г. *Бұлк етпеу.* **Шып ету**. *ж е р г. Лып ету.*

**ШЫПА** з а т. с ө й л. ***Шипа.***

**Шыпасы бітті**. ж е р г. *Ақыл-айласы таусылды, амалы құрыды.*

**ШЫПАЛАН=** е т. ж е р г. *Шүбәлану, күмәндану.*

**ШЫПЖЫЛДА** ү с т. *Күнге шыжу; қиналу, азап шегу.*

**ШЫПҚЫЛДА=**е т. *Шыпылдау, пышырлау.*

**ШЫПТА**[1] з а т. *Үй тұрмысы қажетіне (ас-су қоятын жақты қалқалау; құрт жаю, тары сузу, кептіру үшін) лайықталып шиден, шіліктен, қамыстан тоқылған бұйым.*

**Шыптасына шыбын қонбау.** ж е р г. *Тұлдыр, тақыр кедей.*

**ШЫПТА**[2] з а т. ж е р г. *Ағаш қабығынан жасалған ыдыс жұғыш (шүберек).*

**ШЫПТА**[3] з а т. ж е р г. *Жол жүруге арналған билет.*

**ШЫПТА** з а т. ж е р г. *Қоғадан тоқылған зат.*

**ШЫПТАЛА=** е т. *Шыптамен қоршау.*

**ШЫПТАЛАУ** *Шыптала етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫПТАЛЫ** с ы н. *Шыптасы бар, шыптамен қоршаулы.*

**ШЫПТАСЫЗ**[1] с ы н. *Шыптасы жоқ, шыптамен қоршалмаған.*

**ШЫПТАСЫЗ**[2] с ы н. *Билеті жоқ, жол билетсіз.*

**ШЫПТАХАНА** з а т. ж е р г. *Теміржолдың билетін сататын жер.*

**ШЫПТЫРАТ=**е т. ж е р г. *Шатастыру, жаңылысу, бытып-шату.*

**ШЫПША** з а т. ж е р г. *Көсеу.*

**ШЫП-ШИРАҚ** с ы н. *Өте ширақ, тіптен ширақ.*

**ШЫПШУ** *Шыпшы етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫПШЫ=** е т. *Шып-шып етіп қан немесе тер шығу.*

**ШЫПШЫҚ** з а т. з о о л. <лат. spinus spinus> *Торғай тәрізділер отрядының құнақ тұқымдасына жататын құс.*

**Шыпшық боп жүр.** *Бәйек болып, безек қақты.*

**ШЫПШЫҚТАЙ** с ы н. *Шыпшық тәрізді, шыпшық сияқты.*

**ШЫП-ШЫЛҒИ** с ы н. *Судай (өтірік).*

**ШЫПШЫНАЙ** з а т. ж е р г. *Жылбысын, шала туған қозының елтірісі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

**ШЫП-ШЫП** е л і к. **1.** *Дүркін-дүркін, ұстіұстіне тер немесе қанның шығуын бейнелейтін сөз.* **2.** *Шырқ-шырқ, сорп-сорп еткен дыбысты білдіретін сөз.* **3.** *Сарт-сұрт, шарт-шұрт еткен қамшы, шыбық тигендегі дыбысқа ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

**Шып-шып етті.** а) *Тер, қан, су т.б. қайтақайта шықты.* ә) *Шыбық, қамшы сарт-сұрт тиді, шыпылдады.*

**ШЫП-ШЫРҒА: шып-шырғасын шығармады**. *Еш нәрсесін құртпады; шашау шығармай ұстады, ұқыпты болды.*

**ШЫПЫЛДА=**е т. **1.** *Шып-шып етіп тер шығу.* **2.** *Шып-шып етіп қазандағы сұйықтықтың қайнауы.* **3.** *Шыбық, қамшы сияқты заттың шып-шып тиюі.*

**ШЫПЫЛДАҚ** з а т. ж е р г. *Шәркей, үйге киетін өкшесіз, салпылдақ аяқкиім.*

**ШЫПЫЛДАТ**=е т. *Шып-шып еткізу, ұру, қамшымен соғу.*

**ШЫПЫЛДАТУ** *Шыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫПЫЛДАУ** *Шыпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫПЫРЛА=** е т. *Шүпірлеу, толып кету.*

**ШЫПЫТ=** е т. ж е р г. *Шыпылдату, шып-шып ұру.*

**ШЫПЫТСЫ=** е т. ж е р г. *Алдау, арбау.*

**ШЫПЫТСУ** *Шыпытсы етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫР**[1] з а т. к ө н е. **1.** *Нәр, маңыз.* **2.** а у ы с. *Әл, қуат, күш.*

**Шыр байланды [бітті].** а) *Ет алды, қоңданды, семірді.* ә) *Жағдайы түзелді,дұрысталды.* **Шыр біт-пеген кедей.** *Еш нәрсе бітпеген, тақыр кедей.* **Шыр бітпеді**. а) *Жүдеді, арыды.* ә) *Маңайында ұрерге иті жоқ, тақыр кедей болды.* **Шыр бітірді.** *Ет жинатып қоңдандырды, толықсытты.* **Шыр жұқпады.** а) *Ет алмады, семірмеді, қоң бітпеді.* ә) *Дәулет бітпеді, кедейліктен көз ашпады.* **Шыр жұқтырды**. *Оңалды, қоң бітті.* **Шыр жоқ**. *Арық, көтерем (сойса еті жасық, майы жоқ мал туралы).*

**ШЫР**[2] з а т. к ө н е. *Ынтымақ, бірлік, татулық.*

**Шыр бұзды**. *Бұзықтық жасап, берекені алды, татулықты кетірді.*

**ШЫР**[3] з а т. о й ы н. *Қанша бала болса да қатыса беретін асық ойынының бір түрі.*

**ШЫР**[4]е л і к. *Бір орында тұрып, бір осьпен зыр етіп айналғанды бейнелейтін сөз.*

**Шыр айналды**. а) *Зыр қақты, зыр жүгірді.* ә) *Кете алмай, айналшықтады.* б) *Зуылдады, мидай араласты.* в) *Теріс қарап кетті, бетін әрі бұрды.* г) *Табансыз болды, тұрақсызданды.* ғ) *Шарқ ұрып іздеді.* **Шыр [көбелек] айналдырды.** *Істің көзін тапты, игерді, билеп алды.* **Шыр айналды, шырқ айналды.** *Бір орында байыздап тұра алмай шыр көбелек айналды.* **Шыр айналу.** с п о р т. *Гимнастикада қолмен, аяқпен, денемен немесе баспен тұйық шеңбер жасап айнала тұтас қозғалу.* **Шыр айналып іздеді.** *Шарқ ұрды, әбден іздеп шаршады.* **Шыр біткізбеді.** *Ішкен-жегенін бойына жұқтырмады.* **Шыр бітпеді.** а) *Майланбады, ет алмады, қоңданбады.* ә) *Тапқан-таянғаны көрінбеді, кедейліктен көз ашпады.* **Шыр бітті.** а) *Ажарланды, өңі әрленді.* **Шыр бітірді.** *Ажарландырды, өң берді.* **Шыр көбелек айналды [дөңгеленді].** а) *Бір орында зыр қақты, айналды.* ә) б е й н. *Бір-біріне ұласты, қосылды.* б) *Басы қатты, миы айналды, ештемені ажырата алмады.*

**ШЫР**[5] е л і к. *Шырылдағандағы қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Шыр етті [ете қалды].** а) *Оқыстан қатты шырылдаған қысқа дыбыс шықты.* ә) *Біреудің арасына түсті, қорғаштады.* **Шыр етіп дүниеге келді.** *Жарық дүниеге, өмірге келді, туылды.* ә) *Біреудің арасына түсті, қорғаштады.* **Шыр етіп жерге түскеннен [түскелі, түскесін].** б е й н. *Көз ашып, өмірге келгелі.*

**ШЫРА**[1] з а т. ж е р г. *Жермаймен жанатын шынысысыз шам.*

**Шыра шөлмек**. ж е р г. *Жермай шамның шынысы, мойны.*

**ШЫРА**[2] з а т. ж е р г. *Ұлпаланған ағаш жаңқасы, майда жаңқа.*

**ШЫРА**[3] з а т. *Жемістің шырыны, сөл.*

**ШЫРАҒДАН** з а т. **1.** *Қайтыс болған адамның басына жағып қоятын жарық.* **2.** с ө й л. *Майшам, шырақ.* **3.** *Бір немесе бірнеше ұялы металдан, тармақталып жасалған, шырақ (май шам) орнатылатын тұғыр.*

**ШЫРАҒДАНДАЙ** с ы н. *Шырағдан сияқты.*

**ШЫРАҒИЯ** з а т. ж е р г. *Шырағым, қарағым деген мағынадағы қаратпа атауыш.*

**ШЫРАҒЫМ** з а т. **1.** *Жақсы көргенде айтылатын қарағым, көкем, айналайын деген мағынадағы сөз.* **2.** *Кішкентай балаға атаанасы, жақын туысы еркелете айтатын қаратпа атауыш.* **3.** *Жасы кіші адамға бейтаныс адамның немесе қатты туыс емес адамның айтатын қарағым, балам деген мағынадағы қаратпа атауышы.* **4.** э т н. э к с п р. *Жеңгесінің қайындарына қоятын аты.*

**ШЫРАДАЙ: көзі шырадай жанды [ашылды].** а) *Көзі жайнап кетті, қызықты, елікті.* ә) *Әл кірді, қуаттанды, шаршағаны басылды.* б) *Бейнеттен құтылды, жақсылық көрді.*

**Шырадай тымық.** ж е р г. *Тып-тынық, үп еткен жел жоқ.*

**ШЫРАЙ**[1] з а т. *Адамның көркі, өңі, ажары.*

**Шырай ашпау.** ж е р г. *Көңілсізденү, түнжырау.* **Шырай берді [білдірді].** а) *Ыңғай көрсетті, айтқанын істеуге ыңғай байқатты.* ә) *Өңін кіргізді, шырайын кіргізді.* б) *Жақтырды, өңін жылытты.* **Шырай бермеді.** *Түсін суытты, ызғарланды, өңін жылытпады.* **Шырай бітті.** *Ажарланды, көркі кірді.* **Шырай жазу.** ж е р г. *Жадырау, көңілдену, бетіне күлкі үйірілу.* **Шырай қалмады.** *Өңінен айырылды, түсі кетті.* **Шырайы жылы.** *Жүзі жылы, иманды, мейірімді.* **Шырайы қашты.** *Өң-түстен айырылды, өңі кетті.* **Шырайын жылытты**. *Ықыласы түсті, көңілденді.* **Шырайын келтірді.** *Әуенін салды, мақалын тапты.* **Шырайы түзелді**. *Райы тәуірленді.*

**ШЫРАЙ**[2] з а т. л и н г в. *Заттың сындық сапасының басқа бір заттан артық-кемдігін, рең жағынан әртүрлі болатынын білдіретін сапалық сын есім формалары.*

**ШЫРАЙГҮЛ** з а т. ө с. <лат. petunia> *Тамыр жүйесі мықты дамыған, сабағы салбырап тұратын, гүлі ірі алуан түсті, қолдан егілетін, биіктігі 25-75 смдей, біржылдық, хошиісті бақша өсімдігі (гүл).*

**ШЫРАЙЛАН=** е т. *Көңілі көтерілгеннен өңі кіру, ажарлану, әдемілену, көркею.*

**ШЫРАЙЛАНДЫР=** е т. *Жақсы, қуанышты хабардан көңілі көтеріліп, өңі кіру, ажарлану.*

**ШЫРАЙЛАНДЫРУ** *Шырайландыр етістігінің қимыл атауы; шырайын шығару, көтермелеу.*

**ШЫРАЙЛАНУ** *Шырайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРАЙЛАС** сын. *Шырайына келетін, орайлас, ұқсас.*

**ШЫРАЙЛЫ** сын. **1.** *Көрікті, келбетті, иманжүзді, әдемі.* **2.** ауыс. *Мәнерлі, мәнді, нәрлі.*

**ШЫРАЙЛЫЛЫҚ** зат. **1.** *Көркемділік, сұлулық.* **2.** *Мәнділік, мәнерлілік, көркемдік.*

**ШЫРАЙЛЫМ** зат. **1.** экспр. *Келбеттім, сымбаттым, сұлуым деген мағынадағы қаратпа атауыш.* **2.** *Дәстүрлі мәдениетте жеңгесінің ізеттілікпен қайын сіңлісіне, қайын інісіне қоятын аты.*

**ШЫРАЙСЫЗ** сын. *Көріксіз, ұсқынсыз.*

**ШЫРАҚ**[1] зат. **1.** *Бөлмені жарық етіп тұратын шырағдан, шам (майшам).* **2.** этн. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулие адамдардың моласына қасиетті жерлерге жағылатын от, шырағдан.* **3.** ауыс. *От, жарық.* **4.** ауыс. *Жол, сәт, бақ.* **5.** *Еуропа мәдениеті бойынша тойланатын жаңа жыл шыршасына ілінетін электр шамдары.*

**Шырағы бар.** *Іздеушісі бар, артында қалған ұрпағы бар.* **Шырағы жанды.** а) *Ұрпақ жалғасты, өсіп-өрбіді.* ә) *Үміт оты оянды.* **Шырағын жандырды.** *Жолын болдырды, жағдайын жасады, көтермеледі.* **Шырағын сөндірмеді.** *Отына ие болды, үмітін үздірмеді.* **Шырағың жансын [жанып тұрсын].** тілек. *Ұрпағың өрбісін, отбасың, тұқымтұяғың аман, көп болсын деген мағынадағы тілек сөз.* **Шырағы өшті. [сөнді].** а) *Ойлағаны болмады, жолы болмады.* ә) *Үміті үзілді.* б) *Ұрпағынан айырылды, шаңырағы жоқ болды.* **Шырағы сөнді.** *Өмірі үзілді, өлді.* **Шырақ алып іздесең де таппайсың.** *Қанша іздесең де таба алмайсың деген мағынада.* **Шырақ болды.** *Шамшырақтай жарқырайды, жарқыратады.* **Шырақ жағу.** этн. а) *Дәстүрлі қазақ қоғамында әулие адамдардың моласына қасиетті жерлерге шырақ от жағу салты, ырымы.* ә) *Қайтыс болған адамның жетісіне дейін, кей жерлерде 40-на дейін жағылу дәстүрі.* **Шырақ жақты.** а) этн. *Өлген аруақтарға арнап шырағдан жақты.* ә) *Әбден қарап, байқастады.* б) *Шырақ қойып, жарықтандырды.* в) *Көзі оттай, шоқтай болды.* г) *Үміт отын оятты, үміттендірді.* **Шырақ көрмеді**. а) *Көзі ашылмады, жақсылық көрмеді.* ә) *Балаға зар болды, зарықты.* **Шырақ қалды.** *Бала қалды, ұрпағы үзілмеді.* **Шырақты сөндірді.** *О дүниеге аттандырды, өмірден оздырды.*

**ШЫРАҚ**[2] зат. **1.** *Бейтаныс адамның, жақын тартқысы келгенін білдіретін қалқа деген мағынадағы қаратпа атауышы.* **2.** *Жасы үлкен беделді адамның өзінен кішілерге еркелете айтатын қаратпа атауыш.* **3.** ауыс. *Ұрпақ, перзент, бала.*

**ШЫРАҚ** зат. жерг. ***Жарым.***

**ШЫРАҚАЙЫМ** зат. экспр. *Жаным, күнім деген мағынадағы кішкентай балаға айтылатын қаратпа атауыш.*

**ШЫРАҚГҮЛ** зат. өс. *Суыққа төзімді, гүлдері қоңырау тәрізді, ұсақ қоңыр қызыл түсті, биіктігі 10-15 см-дей бақша өсімдігі (гүлі).*

**ШЫРАҚДАН** зат. **1.** сөйл. ***Шырағдан.*** **2.** ауыс. *Үміт оты.*

**ШЫРАҚДАНДАЙ** сын. *Шырақдан сияқты.*

**ШЫРАҚҚАНАМ** зат. экспр. *Шырағым, күнім, айым деген еркелету мәніндегі қаратпа атауыш.*

**ШЫРАҚ-ҚАРАҚ** зат. *Шырағым, қарағым деген атауыштардың жалпы атауы.*

**ШЫРАҚ-СЕНІМ** зат. бейн. *Үміт оты.*

**ШЫРАҚСЫЗ** сын. **1.** *Баласыз, перзентсіз.* **2.** ауыс. *Кеуделерінде от, қайрат жоқ, жасық.*

**ШЫРАҚТА=** ет. *Шарықтау, биіктеу, өрлеу.*

**ШЫРАҚТАЙ** сын. *Шырақ секілді, шырақ тәрізді. // Жарқырап, жарық беріп, сөнбей.*

**Шырақтай сөнді.** *Әл-қуатынан айырылды, өң-түсі кетті.*

**ШЫРАҚША** үст. **1.** *Шырақ тәрізденіп, шырақ секілденіп.* **2.** *Бірте-бірте, біртіндеп.*

**ШЫРАҚШЫ** зат. **1.** этн. *Әулиелердің мазарын күзетіп, зиратшыларға қызмет көрсететін адам.* **2.** ауыс. *Үміт беретін, сенім ұялататын нәрсе.*

**ШЫРАҚШЫЛЫҚ** зат. *Шырақшы болып қызмет жасаушылық.*

**ШЫРАЛА**[1]**=** ет. жерг. *Жаңқалау, ағашты жару.*

**ШЫРАЛА**[2]**=** ет. *Әурелеу, мазалау.*

**ШЫРАЛА**[3] **=** ет. жерг. *Оңалу, семіру.*

**ШЫРАЛЖЫН** зат. өс. **1.** ***Шырғалжың*** *(шашағы нәзік күлтелі, күрделігүлділер тұқымдасы, жусан туысына жататын көпжылдық өсімдік).* **2.** *Сыпырғыш жасайтын өсімдік.*

**Шыралжын жусан.** өс. <лат. artemisia dracunculus> ***Шырғалжың*** *(күрделігүлділер тұқымдасына жататын хош иісті жапырағы дәмдеуіш есебінде пайдаланатын жусан тәріздес шөптесін өсімдік).*

**ШЫРАЛЫҚ** зат. *Тез тұтанатын майлы, құрғақ отын.*

**ШЫРАМ** зат. *Игерілмеген, тыңайған жер.*

**ШЫРАМЫТ=** ет. *Жыға танымай, жорамалдау, ұқсату, шамалау.*

**ШЫРАМЫТУ** *Шырамыт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРАПАЯ** зат. жерг. *Шамның ағаштан жасалған ұзынша келген орындығы.*

**ШЫРАШ** зат. қолөнер. *Оюдың шетін жиюына және мата үстіне сызықшалап әсем, бедерлі өрнектер салуға жасалатын кесте* (Қаз. дәст.).

**Шыраштап тігу.** кәс. *Ойыстырылған киізді біріктіруге, бастырылған оюдың шетін жиюға және мата бетіне сызықшалап бедерлі өрнектер түсіруге қолданылатын тігу түрі.*

**ШЫРБАЗ** зат. жерг. *Ерте туған төрт-бес айлық қозы.*

**ШЫРҒА**[1] зат. саят. **1.** *Саят құстарын дәніктіріп баулу үшін бір басына өзге аңның терісіне орап қойылатын жем.* **2.** *Құсты қолға үйреткенде, аңға түсуге баулығанда қолданылатын тұлып.* **3.** жерг. *Құсты (бүркітті) қайта қондыру үшін қажетті алдамшы қалта.*

**Шырғаға көнбеді.** *Айтқанға мойынсұнбады.* **Шырғаға түскен құстай.** бейн. *Топырлап, шүпірлеп бірін-бірі білмей.* **Шырғаға шақырды.** а) *Аң-құстарын алдамышпен, далбаймен шақырды (кей жерлерде далбайды «шырға» дейді).* ә) *Алдаусыратып сыр тартты, сынап көрді.* **Шырғасы берік [мықты].** *Күші басым, бұғауы мықты.* **Шырғасы келіссе.** *Бағып-қағуы, баптауы жақсы болса.* **Шырға тастады.** *Араға от салды, ынтымақты бұзды.* **Шырға тартты.** а) *Қыран құсты дәніктіру, қанатын бекіту үшін сүйреткен түлкі терісіне қызыл байлап алдырды.* ә) *Біреуді алдап үйіріп алды, епке келтірді.* **Шырға тарту.** саят. *Бүркітті ауыздандыру үшін өлген қоянды ұзын жіпке байлап жіптің ұшынан ұстап, атқа мініп шабу, бүркітке қоянды алдырту әдісі.* **Шырғасын шығармай.** *Түгін қалдырмай, бәрін айту.*

**ШЫРҒА**[2] зат. жерг. *Көрпенің жиегіне салатын бұлық.*

**ШЫРҒА**[3] зат. *Ұрыс, керіс, шырғалаң.*

**ШЫРҒАЙ** зат. **1.** бот. *Сүрегі қатты және ұзын әрі жіңішке бұта.* **2.** жерг. *Үйдің төбесін жабатын ұзын жіңішке ағаш, сырғауыл.*

**ШЫРҒАЙДАЙ** сын. **1.** *Шырғай секілді, шырғай тәрізді. // Мың-дың болып, есі шығып.* **2.** ауыс. *Үрейлі, қорқыныш басқан.*

**ШЫРҒАЙСЫЗ** сын. *Шырғайы жоқ, тіреу қойылмаған.*

**ШЫРҒАЛ**[1] зат. *Шырғалаң, беймаза жайсыз жағдай.*

**ШЫРҒАЛ**[2] сын. жерг. *Мінезі қыңыр, кесір (адам туралы).*

**ШЫРҒАЛ=** ет. сөйл. ***Шырмалу.***

**ШЫРҒАЛА**[1]**=** ет. **1.** саят. *Шырғаға үйрету, шырға тарту.* **2.** *Бір жерден ұзап кете алмау, төңіректеу.* **3.** *Біреуді сағалау, айналсоқтау.* **4.** *Шырлау, көп сөйлеу.*

**ШЫРҒАЛА**[2]**=** ет. жерг. *Көрпеге бұлық салу, көрпені бұлықтау.*

**ШЫРҒАЛАҒЫШ** сын. *Бір нәрсеге үйірілгіш, айналсоқтағыш.*

**ШЫРҒАЛАН=** ет. *Шырматылу, айналсоқталу; сиырқұйымшақтану.*

**ШЫРҒАЛАНУ** *Шырғалан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛАҢ** сын. **1.** *Шым-шытырық, шытырман. // Дүрбелең, қиын-қыстау заман.* ланда. *// Қырсық, кесір-кесапат, оқиға, жағдай.* **2.** *Қиын, қырсық, оңай емес.* // заң. *Адамның еркінен тыс, өздігінен туындайтын уақиға, сырт белгілері ғана құқық бұзушылық болып көрінетін, кінә нышандарынан ада, заңи жауапкершілік жүктемейтін кездейсоқ іс-әрекет.*

**Шырғалаңы мол.** *Шым-шытырық, қиын-қыстаулы.* **Шырғалаңға түсті.** *Қиындық, сәтсіздікке тап болды.* **Шырғалаңға түсті.** *Әуре-сарсаңға ұшырады.*

**ШЫРҒАЛАҢДА=** ет. *Бір нәрсеге бөгелу, кедергіге ұшырау; шырмалу.*

**ШЫРҒАЛАҢДАУ**[1] сын. *Шытырманды, шым-шытырық.*

**ШЫРҒАЛАҢДАУ**[2] *Шырғалаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛАҢСЫЗ** сын. *Қиын-қыстаусыз, оңай.*

**ШЫРҒАЛАҢ-ШАТЫС** зат. *Шым-шытырық жағдай, қым-қиғаш кез, тартыс.*

**ШЫРҒАЛАС=** ет. *Айтысып-тартысу, ұрысу, мәмілеге келе алмау.*

**ШЫРҒАЛАСТЫР=** ет. *Шатастыру, адастыру.*

**ШЫРҒАЛАСТЫРУ** *Шырғаластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛАСУ** *Шырғалас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛАТ=** ет. *Шиырлату, шырғалаңдату.*

**ШЫРҒАЛАТУ** *Шырғалат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛАУ** *Шырғала етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАЛДАС=** ет. *Дауласу, келісе алмау, даурығысу.*

**ШЫРҒАЛДЫ** сын. *Шырғалаңы, айтыс, тартысы көп.*

**ШЫРҒАЛЖЫҢ** зат. өс. <лат. artemisia dracunculus> *Күрделігүлділер тұқымдасы, жусан туысына жататын шөптесін өсімдік.*

**ШЫРҒАЛУ** *Шырғал етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАНАҚ** зат. **1.** өс. <лат. hippophae> *Жиде тұқымдасына жататын тікенді бұта.* **2.** *Уақ, домалақ келген шырғанақтың сарғыш жемісі.*

**Шырғанақ майы.** *Шырғанақтың жемісінен алынатын дәрілік әсері өте күшті май дәрі.*

**ШЫРҒАТЫЛ=** ет. сөйл. ***Шырғалау.***

**ШЫРҒАТЫЛУ** *Шырғатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҒАУ-ШИМАЙ** зат. *Шым-шытырық, бұкпе-қалтарыс.*

**ШЫРҒЫ** зат. жерг. *Көсеу, от көсейтін құрал.*

**ШЫРДАЙ: басы шырдай қатты**. жерг. *Не істерін білмей дал болды, мәңгірді.*

**Шырдай қылды.** жерг. *Басын қатырды, басын ауыртты, көп сөйледі.*

**ШЫРДАМАЛ** зат. жерг. ***Сырмақ.***

**ШЫРДАН** зат. жерг. *Қозының қарны.*

**ШЫРДАС** зат. өс. сөйл. *Күздік алмар.*

**ШЫРҚ** елік. *Шырылдағанда, шырқылдағанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шырқ айналды.** а) *Жаны қалмай зыр жүгірді, әбігерге түсті.* ә) *Шыр айналды.* **Шырқ иірді.** а) *Малды тықсыртып, бір жерге топтады, жинады,*

үйірді. ә) *Жан алқымға алып, екі аяғын бір етікке тықты; апшысын қуырды.* **Шырқ үйірді**. а) *Белгілі бір істі тез меңгеріп кетті, игеріп әкетті.* ә) *Дөңгелентіп әкетті, көтеріп әкетті.*

**ШЫРҚА=** ет. көтеріңкі. **1.** *Дауысты көтере, шарықтата, тамылжыта ән салу.* **2.** ауыс. *Мәселені алыстан бастап, баяндау, айту.* **3.** *Сарнау, заржақтану.* **4.** ауыс. *Биіктіктен төменге зулап құлау, шырқырау.* **5.** ауыс. *Өркендеп алға басу, қарыштап даму.* **6.** ауыс. *Алысқа ұшу, зуылдау.*

**Шырқап өсті.** *Көп нәрсеге қолы жетті, жолы болды.* **Шырқап шықты.** поэт. *Асқақтады, армынына қол жеткізді.*

**ШЫРҚАЛ=** ет. **1.** көтеріңкі. *Ән салыну, беріліп ән айту.* **2.** ауыс. *Асқақтап өсу, жолы болу, мәртебесі көтерілу.*

**ШЫРҚАЛУ** *Шырқал етістігінің қимыл атауы; әндетілу.*

**ШЫРҚАЛЫН=** ет. *Ән салыну, әндетілу.*

**ШЫРҚАЛЫНУ** *Шырқалын етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚАМАЛЫ** сын. *Дауысты биік ала алатын, қандай үнге болсын икемді, құбылмалы (дауыс).*

**ШЫРҚАС=** ет. *Ән салысу, әндетісу.*

**ШЫРҚАСУ** *Шырқас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚАТ=** ет. *Ән салдырту, ән айттыру.*

**ШЫРҚАТТЫР=** ет. *Ән салдырткызу, ән айтқыздыру.*

**ШЫРҚАТТЫРУ** *Шырқаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚАТУ** *Шырқат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚАТЫЛ=** ет. **1.** *Ән салдыртылу, әндетілу.* **2.** ауыс. *Мәртебесі көтерілу, өсу.*

**ШЫРҚАТЫЛУ** *Шырқатыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚАУ**[1] сын. **1.** *Оңаша, жеке; қашық, жырақ. // Биік жер, шың.* **2.** ауыс. *Асқақ, шалқақ, жоғары.*

**Шырқау басы.** *Шың, таудың шыңы.* **Шырқау биік.** *Өте жоғары биіктік.* **Шырқау биікке [шыңына] көтерілді [шықты].** *Дамыды, жетілді, кемеліне келді.* **Шырқау көк.** бейн. *Аспан.* **Шырқау шың.** *Ең жоғарғысы, алдыңғысы, ең биік шегі.* **Шырқау шыңдай.** *Қадірлі, асыл, ыстық.*

**ШЫРҚАУ**[2] *Шырқа етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚЫ** зат. *Сән, көрік.*

**Шырқы бұзылды.** а) *Шырық бұзылды, мазаланды.* ә) *Берекесі кетті, сәні кетті.* **Шырқын бұзды.** а) *Берекесін алды, сәнін кетірді.* ә) *Ренжітті, ашуландырды, көңіліне тиді.* **Шырқын бұзу.** *Берекесін алу, ауызбіршілігінен айыру, дағдылы қалпын бүлдіру.*

**ШЫРҚЫЛ** зат. *Ауық-ауық шырқ-шырқ етуден шығатын дыбыс.*

**Шырылдаған дауыс.** *Жан даусы.* **Шырылдақ [шырылдауық] дауыс.** *Ер адамның дауысына лайық емес, жіңішке жағымсыз дауыс.*

**ШЫРҚЫЛДАТ=** ет. *Шырқ-шырқ еткізу, быртылдату.*

**ШЫРҚЫЛДАС=** ет. жерг. *Ұрысу, керісу.*

**ШЫРҚЫЛДАУ** *Шырқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚЫЛЖЫҢДА=** ет. *Қырқысу, тартысу, таласу, егесу, жалжалдасу.*

**ШЫРҚЫРА=** ет. **1.** *Баланың қатты жылауы.* **2.** *Құстың қатты сайрауы.* **3.** ауыс. *Айналасынан зәбір көріп, зар жылау.* **4.** ауыс. *Жан дауысы шығып айқайлау, шыңғыру.*

**ШЫРҚЫРАТ=** ет. **1.** *Зәресін алу, құтын қашырту.* **2.** *Зар еңірету, мейірімсіздік көрсету.* **3.** *Құлын дауысын шығарту, шыңғырту.*

**ШЫРҚЫРАТУ** *Шырқырат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРҚЫРАУ** *Шырқыра етістігінің қимыл атауы; зар жылау.*

**ШЫРҚЫРАУЫҚ** сын. *Шырқырап жылай беретін (бала).*

**ШЫРЛА**[1]**=** ет. *Шырылдау, шыр-шыр ету.*

**ШЫРЛА**[2]**=** ет. *Пышырлау.*

**ШЫРЛАМА** зат. жерг. тамақ. *Сүтке сөк, ұн салып пісірілген қою тағам; быламық; бөртпе.*

**ШЫРЛАН=** ет. *Қоң біту, ет алу, оңалу; шыр біту.*

**ШЫРЛАНУ** *Шырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЛАТ=** ет. **1.** *Шырылдату, шырқырату.* **2.** *Шиырлау, бір нәрсені биікке және алысқа лақтыру.*

**ШЫРЛАТУ** *Шырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЛАУ** *Шырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЛЫ: шырлы жасуша.** биол. *Талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасында кездесетін ұлпа базофилі.*

**ШЫРМА=** ет. **1.** *Шешілместей етіп байлап тастау, шанду.* **2.** ауыс. *Айтқанына көндіру, басын айналдыру.* **3.** ауыс. *Жүргізбей тастау, матау.* **4.** *Биіктеу, шыңдау, асқақтау.*

**ШЫРМАБАЛЫҚ** зат. зоол. <лат. gobitidae> *Тұқытәрізділер отрядына жататын майда балықтар тұқымдасы.*

**ШЫРМАЛ=** ет. **1.** *Торлану, шандылу.* **2.** ауыс. *Кедергіге ұшырау, шырматылу.* **3.** *Ұсталу, торға түсу.* **4.** *Шырмауық құсап шырматылу, оратылу.* **5.** *Кідіру, кідірістеу.* **6.** ауыс. *Артық жүріске салынбау, ұзап ешқайда шықпау.*

**Шырмалып жүру.** спорт. *Сапта жаттығушылардың сапта шырмауық жасап жүруі.*

**ШЫРМАЛА=** ет. **1.** *Шанду, байлап-матау.* **2.** ауыс. *Аяғына түсау болу, кедергі жасау.*

**ШЫРМАЛҒЫШ: шырмалғыш өсімдіктер.** өс. *Сабағымен бір тірекке оралып, жерден едәуір биіктікке дейін өсетін шөптесін не ағаш тектес өсімдіктер.*

**ШЫРМАЛТ=** ет. *Торға түсіру, шырматылту.*

**ШЫРМАЛТУ** *Шырмалт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРМАЛУ** *Шырмал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Оратылу, торға түсу.* **2.** ауыс. *Ауыр ойға, сезімге берілу, шыға алмау.*

**ШЫРМАЛЫС=** ет. *Шырматылысу, айқасу.*

**ШЫРМАТ=** ет. *Басын қатыру, көп ойландырту.*

**ШЫРМАТЫЛ=** ет. **1.** *Аяқ-қолына түсау салыну, ісі өнбеу, көрінбеу.* **2.** *Торға түсу, ұсталу.* **3.** ауыс. *Шиленісу, қиындау.*

**ШЫРМАТЫЛУ** *Шырматыл етістігінің қимыл атауы; шиленісу, қиындау.*

**ШЫРМАУ**[1] зат. **1.** *Шылбыр, арқан.* **2.** ауыс. *Кедергі, қырсық, кесапат.* **3.** ауыс. *Байлауы жоқ, алды белгісіз тұңғиық ой.*

**Шырмау салды.** *Кедергі болды, аяғына түсау болды.* **Шырмау салынды.** *Үйленіп, алысқа шыға алмайтын болды.* **Шырмау сөз.** *Алдаусыратып айтылған тұзақты әңгіме.*

**ШЫРМАУ**[2] *Шырма етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРМАУЫҚ** зат. **1.** өс. <лат. convolvulus> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын көп жылдық (кейде бір жылдық) шөптесін өсімдік не шала бұта.* **2.** *Малазықтық шөптесін өсімдік.* **3.** *Шиеленіс, кедергі.*

**Шырмауық будра.** өс. <лат. glechoma hederacea> *Төменгі жағындағы жапырақтары бүйрек сықылды, әрі дөңгелек, жоғарғы жағындағы жапырақтары – жүрек тәрізді, биіктігі 90 см дейін, көпжылдық шөп тектес өсімдік.* **Шырмауық секілді.** *Не болса соған жабысқыш, жеңіл ойлы.*

**ШЫРМАУЫҚСАБАҚ** зат. өс. *Сабағы шырмауықтың сабағы сияқты, бірақ онша ұзын емес өсімдік түрі.*

**ШЫРМАУЫҚТАР** зат. өс. <лат. convolvulaceae> *Бір және көпжылдық шөптесін, бұта, кейде тікенді төмпешіктерге топтанған, бұташық өсімдіктер тұқымдасы.*

**ШЫРМАУЫҚГҮЛ** зат. өс. <лат. ipomoea> *Шырмауықтар тұқымдасына жататын, түп болып өсетін сәндік үшін өсірілетін гүл.*

**ШЫРМАУЫҚТАЙ** сын. **1.** *Шырмауық секілді, шырмауық тәрізді.* **2.** ауыс. *Айырылмастай, желімдей.*

**ШЫРМА-ШАТУ** зат. *Тығыз байланыс, өте терең қатынас.*

**ШЫРПУ**[1] *Шырпы етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРПУЫШ** зат. *Бұталардың басын шырпитын қайшы тәріздес құрал.*

**ШЫРПЫ**[1] зат. өс. *Малазықтық шөптердің бір түрі.*

**ШЫРПЫ**[2] зат. өс. сөйл. *Бұталардың бір түрі.*

**ШЫРПЫ**[3] зат. **1.** *Ағаштың от тұтатуға болатын құрғақ, ұсақ бұтағы.* **2.** *Сіріңкенің басына күкірт жағылған талы, шиі.* **3.** жерг. *Сексеуілдің шабылып алынған жас кезі, сексеуілдің жіңішке басы.* **4.** жерг. *Жаңқа.* **5.** жерг. *Сіріңке.*

**Шырпы басын сындырмады [сындырған емес].** сөйл. *Еш нәрсеге қол ұшын тигізбеді, түк істемеді.* **Шырпы қорабы.** *Сіріңке талы салынған, екі қапталына шағуға арналған күкірт жағылған тартпалы қорап.* **Шырпы талы.** *Сіріңкенің әр талы, шиі.*

**ШЫРПЫ**[1]**=** ет. *Бұталардың басын қырқып тегістеу.*

**ШЫРПЫ**[2]**=** ет. *Арындау, бұрқырау.*

**ШЫРПЫЛ=** ет. *Өсімдік, бұта типті өсімдіктердің ұшының қырқылуы.*

**ШЫРПЫЛА=** ет. **1.** *Басын шырпу, керексіз бұтақтарын кесу, қысқарту.* **2.** *Отынды, ағашты майдалау, ұсақтау, уату.* **3.** жерг. *Қой қырқу.*

**ШЫРПЫЛАУ** *Шырпыла етістігінің қимыл атауы; басын шырпу.*

**ШЫРПЫЛДА=** ет. жерг. *Шырп-шырп ету.*

**ШЫРПЫЛУ** *Шырпыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Басы қырқылу.* **2.** *Аздап кему.*

**ШЫРПЫЛЫ** сын. *Шырпысы бар, шырпысы көп.*

**ШЫРПЫН=** ет. жерг. *Айбат шегу.*

**ШЫРПЫН: шырпыны шығу.** *Жанын салу, бәйек болу.*

**ШЫР-ПЫР** елік. *Күйіп-пысқандағы беймаза күйді бейнелейтін сөз.*

**Шыр-пыр болды [шыр-пыры шықты].** *Күйіппісті, әбігерленді.*

**ШЫРПЫТ=** ет. *Қырқыту, керту.*

**ШЫРСЫЗ** сын. *Шыры кеткен, шыры жоқ. // Арық, жағдайы жоқ, күйсіз адам.*

**ШЫРСЫЗДЫҚ** зат. *Арықтық, жүдеулік.*

**ШЫРТ**[1] елік. *Қатты нәрсенің морт сынғанда, шытынағанда шығатын және т.б. қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**Шырт ашуланды [ете қалды].** *Қит ете қалды, тез ашуланды, табан астында туланды.* **Шырт ете қалды.** *Ашуланды, табан астында туланды.* **Шырт еткізді.** *Шыртылдаған дыбыс шығарды.* **Шырт етті.** а) *Шырт еткен, морт сынған дыбыс шықты.* ә) *Техниканың тетігін басып қалды.* б) *Бырт еткізіп түкірді.* в) жерг. *Сырт етті, тырс етті.* г) *Тез ашуланды, тыз етті.* **Шырт кететін.** *Ашуланшақ, мінезі кіді, шатпа-шұрт.* **Шырт киіндірді.** экспр. *Басынан аяғына дейін жаңа, жақсы киім алып беріп, кигізіп қойды.* **Шырт сынады.** *Тез ашуланады, тыз етпе.* **Шырт түкірді.** а) *Бырт еткізіп түкірді.* ә) *Шіреніп, әлдеқандай болып көрінді.* **Шырт түйді.** *Қабағын тырыстырды, түйді.* **Шырт тыныштық.** *Мүлгіген тыныштық.*

**ШЫРТ**[2] сын. *Көзге түртсе, көргісіз, түк көрінбейтін.*

**Шырт [шырттай] қараңғы.** *Түк көргісіз қараңғы, тас қараңғы.* **Шырт ұйқы.** а) *Әрі қатты, әрі тәтті ұйқы.* ә) *Түк сезбес, дым сезбес, мақұрым күй.* **Шырт ұйқыда.** *Қатты ұйқыда, тәтті ұйқының құшағында.* **Шырт ұйқыда жатыр.** *Қатты ұйқыда.*

**ШЫРТА** зат. жерг. ***Шарбақ.***

**ШЫРТБАС** зат. жерг. *Күйгелек, ашушаң, кейігіш кісі.*

**ШЫРТ-БЫРТ** елік. *Шыртылдаған, сартылдаған күрделі дыбысты білдіретін сөз.*

**ШЫРТЕТПЕ**[1] зат. жерг. *Түйме орнына тағылатын бір-біріне кигізілетін металл тетік.*

**ШЫРТЕТПЕ**[2] сын. *Мінезі кіді, ашушаң, ашуланшақ, мінезсіз.*

**Шыртетпе мінез.** *Болар-болмасқа ашу білдіретін, ашушаң адам туралы.*

**ШЫРТЕТПЕЛІК** зат. *Бір нәрсеге шырт ете қалушылық.*

**ШЫРТИ=** ет. сөйл. экспр. жағымсыз. **1.** *Өзін-өзі жоғары санап шертию, менменсу.* **2.** *Ренжу, өкпелеу, бұртия қалу.*

**ШЫРТИМА** сын. *Шертиген, быртиған, өзінше болған.*

**ШЫРПЫРЛА=** ет. *Шыртылдау, быртылдау.*

**ШЫРТИЮ** *Шырти етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРТ-ПЫРТ** еліk. *Шыртылдап, пыртылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**ШЫРТТАЙ: шырттай киінді.** *Шыттай киінді, бастан-аяқ жаңа киім киді.*

**Шырттай қараңғы**. *Көзге түртсе көрінбейтін, тастай қараңғы.*

**ШЫРТ-ШЫРТ** елік. *Қайта-қайта шыртылдаған дауысты білдіретін сөз.*

**Шырт-шырт етті.** а) *Шырт-шырт еткен дыбыс шықты, шыртылады.* ә) *Шыбық, тал, қамшы шылп-шылп етіп тиді.* б) *Ашуланып, шаптықты.* **Шырт-шырт жанды**. *От шыртылдап, шартылдап жанды.* **Шырт-шырт түкірді.** *Қайта-қайта түкіріп шіренген, мардымсыған кейіп танытты.* **Шырт-шырт сынды**. а) *Шыртылдап, шытынап жарылды.* ә) *Тыз-тыз етіп ашуланды.*

**ШЫРТЫЛ** зат. *Шыртылдаған, шырт-шырт еткен дыбыс.*

**ШЫРТЫЛДА=** ет. **1.** *Шырт-шырт еткен дыбыс шығару, шытынау.* **2.** *Сырылдау, сыртылдау.* **3.** *Тез ашулану, не болса соған аяқ астынан ренжу.*

**ШЫРТЫЛДАҚ**[1] зат. тамақ. **1.** *Тортасы айырылған сарымайға жылқы майын қосып жасаған май.* **2.** *Аязда қатып тұрған қорытқан сарымай.*

**ШЫРТЫЛДАҚ**[2] зат. өс. *Сопақтау, түсі әртүрлі: ала, ақ, көкшіл, пышақ тиер-тиместен шырт етіп айырылып кеттін қауынның бір сорты.*

**ШЫРТЫЛДАҚ**[3] зат. өс. *Көп гүлді сылдыршөп.*

**ШЫРТЫЛДАҚ**[4] сын. *Шыртетпе, кіді, ашуланшақ (мінү).*

**ШЫРТЫЛДАҚ**[5]**: шыртылдақ қоңыз.** зоол. <лат. elateridae> *Қатты қанаттылар тұқымдасына жататын, көкқоректілер отрядының жер жүзіне кең тараған қоңыз түрі.*

**ШЫРТЫЛДАТ=** ет. **1.** *Шырт-шырт еткен дыбыс шығару, сыртылдату.* **2.** *Быртылдату, шырт-шырт еткізіп түкіру.* **3.** аусыс. жақтырмау. *Ақшаны ашкөздікпен санау, қомайғалану; алыпсатарлыққа салыну.*

**ШЫРТЫЛДАТУ** *Шыртылдат етістігінің қимыл атауы; сыртылдату.*

**ШЫРТЫЛДАУ** *Шыртылда етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРТЫЛДАУЫҚ** зат. муз. *Сылдырмақ сияқты тырсылдаған дыбыс шығаратын көне музыкалық аспап.*

**ШЫРТІЛГЕК** зат. жерг. *Көйлекке түйме қадайтын темірден жасалған қосақ, жабысқақ түйме (шыртылдақ түйме).*

**ШЫРША** зат. **1.** өс. <лат. picea> *Қарағай тұқымдасына жататын қылқан жапырақты, мәңгі жасыл ағаш.* **2.** *Жаңа жылды қарсы алғанда шырақтар тағып, безендіретін табиғи не жасанды шырша ағашы. // Шыршалы. // Шырша ағашынан жасалған.*

**Шырша торғай.** зоол. *Негізгі азығы қылқан жапырақты ағаштардың жаңғағын шағып жеуге бейімделген, суыққа төзімді, тұмсығы қысқаш тәрізді құс.*

**ШЫРША-БАТЫР** зат. окказ. бейн. *Шыршаның барлық мезгілде өзгермейтін жасылдығы туралы көркем образ.*

**ШЫРШАҚҰЛАҚ** зат. өс. *Өзі аттас тұқымдасқа жататын хлорофилсіз сапрофит көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫРШАДАЙ** сын. **1.** *Шырша сияқты.* **2.** *Шырша сияқты жап жасыл.* **3.** аусыс. *Бітік, қалың.*

**ШЫРШАЙ** зат. өс. *Қазақстанның ылғалды жерлерінде кездесетін биіктігі 30-50 (80) см-дей, сабағы тұзу, төменгі жапырақтары дөңгелек, ал жоғарғы жапырақтары үш бөлікті, сары гүлдері төмен қарай салбырап тұратын, емдік қасиеті баррауыш гүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫРШАЙЫ** сын. жерг. *Ақшыл қызыл.*

**ШЫРШАЛЫ** сын. *Шыршасы бар, шырша қалың өскен.*

**Шыршалы орман.** геогр. *Шырша өсетін, биіктігі 40–45 м, диаметрі 1,5–2 м-дей болатын шыршалар кездесетін мәңгі жасыл, қылқанжапырақты орман алқабы.*

**ШЫРШАУ: шыршау шығара бермей.** *Шуылдата бермей.*

**ШЫРШАШӨП** зат. өс. <лат. hypopitys> *Өзі аттас тұқымдасқа жататын хлорофилсіз, сапрофитті қоректенетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫРШАШӨПТЕР** зат. бот. <лат. monotropaceae> *Көпжылдық споралы өсімдіктер тұқымдасы.*

**ШЫРШЫ** сын. *Шырыш, кір, баттасқан.*

**ШЫРШЫҚ**[1] зат. *Лай, батпақты су, өзен.*

**Шыршық салу.** жерг. *Арандату, от салу.*

**ШЫРШЫҚ**[2] сын. жерг. *Кісімсіген, тәкаппар, менменсіген (адам туралы).*

**Шыршық атқан [атылғалы жатқан].** *Жарылайын деген, терісіне сыймаған.*

**ШЫРШУ** зат. *Ұрыс-керіс, келіспеушілік.*

**Шыршу шығарды.** *Ұрыс бастады, керіс шығарды.*

**ШЫР-ШЫР** елік. *Шырылдаған қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**Шыр-шыр етті.** а) *Құс, балапан шырылдаған үн шығарды.* ә) *Жас бала қоймай шарылдап жылады.* б) *Безек қақты, жан дауысы шықты.*

**ШЫР-ШЫРЛАП** үст. **1.** *Шыр-шыр етіп.* **2.** аусыс. *Аласұрып, жаны шығып.*

**ШЫР-ШЫРШЫЛ** сын. *Шырылдаған, шыр-пыр еткен.*

**ШЫРЫҚ: шырық бұзды [кетірді].** *Бір нәрсенің берекесін алды, сәнін кетірді.*

**ШЫРЫҚШӨП** зат. өс. <лат. succia> *Шалғынды жерлерде өсетін, малазықтыққөпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫРЫЛ** зат. **1.** *Шырылдаған, шыр-шыр еткен дыбыс.* **2.** *Құстардың сайраған дауысы.* **3.** *Жас баланың жылаған дауысы, айғайы.*

**Шырылға басты.** *Қайта-қайта шырылдады, шыр-шыр етті.* **Шырыл қақты**. *Шырылдады, безек қақты.*

**ШЫРЫЛДА=** ет. **1.** *Шырылдаған үн шығару, шылдырлау.* **2.** *Құстардың шыр-шыр етуі, сайрауы.* **3.** аусыс. *Қолды-аяққа тұрмай жылау.* **4.** аусыс. *Ән салу, шырқау.* **5.** аусыс. *Асты-үстіне түсіп, бәйек болу.* **6.** аусыс. *Қиналу, азап тарту.*

**ШЫРЫЛДАҚ** сын. *Шыр-шыр еткен, шырылдаған.*

**ШЫРЫЛДАС=** ет. *Шыр-шыр етісу, қосылып шырылдау.*

**ШЫРЫЛДАСУ** *Шырылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЫЛДАТ=** ет. *Шыр-шыр еткізу, жылату, зар қақсату.*

**ШЫРЫЛДАТУ** *Шырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЫЛДАУ** *Шырылда етістігінің қимыл атауы; шыр-шыр ету.*

**ШЫРЫЛДАУЫҚ**[1] зат. *Малды, аңды, құсты үркіту үшін қаңылтырдан жасап, ағаштың басына іліп қойған шырылдағыш зат.*

**ШЫРЫЛДАУЫҚ**[2] сын. *Шырылдап қалған, шырылдайтын (дауыс, үн).*

**ШЫРЫМ: шырымын [көз шырымын] алды**. а) *Көзін ілді, біраз ұйықтап тынықты.* ә) *Тыным тапты, тыншыды.*

**ШЫРЫМТАЛ**[1] зат. жерг. *Белдің шойырылып қалатын ауруы, құяң.*

**ШЫРЫМТАЛ**[2] зат. жерг. *Жекен өсімдігінен жасалған жіп.*

**ШЫРЫМТАЛ**[3] зат. өс. сөйл. ***Шымтал.***

**ШЫМТАЛ** зат. өс. <лат. salix arbuscula> *Таулы, орманды жерлерде өсетін, жіңішке шыбықтары садақ оғына жарамды, домбыра жасауда қолданатын сүрегі қатты әрі жуан, биік тал.*

**ШЫРЫН** зат. **1.** *Өсімдіктің бойындағы, оның жемісіндегі (құнарлы) нәр.* **2.** *Ірімшіктің сарысуын қойылғанша қайнату арқылы алынатын қойыртпақ. // Тәтті.* **3.** аусыс. *Мән, маңыз. // Маңызды, мәнді. // Қызықты, қызыққа толы.*

**Шырын сөз.** *Балдай, жағымды, майда сөз.*

**ШЫРЫН-БАЛ** зат. *Шырын-шәрбат, шекер. // Көркем, көрікті (түр, келбет).*

**ШЫРЫН-БАЛДАЙ** сын. *Көркем, ұнамды, жағымды.*

**ШЫРЫНДА=** ет. жерг. *Көз шырымын алу, ұйықтау.*

**ШЫРЫНДЫ** сын. *Шырыны мол, нәрлі, сөкті.*

**Шырынды азық**. ауылшар. *Құрамында химиялық байланыстағы суы мол өсімдіктерден дайындалатын жемшөп.*

**ШЫРЫНДЫҚ** зат. *Шырын болушылық, тәттілік.*

**ШЫРЫНДЫЛЫҚ** зат. *Шырыны мол болушылық.*

**ШЫРЫНКЕ** зат. сөйл. ***Шірінкене***.

**ШЫРЫНҚАЙНАТҚЫШ** зат. *Жеміс-жидектерден шырын алып қайнатуға арналған, екі кастрюльден құралған аспап.*

**ШЫРЫНСЫЗ: шырынсыз түйе.** *Семірмейтін, қанша жайылым, күтім көрсе де бойына шыр жұқпайтын азғын будан түйе.*

**ШЫРЫНСЫҚҚЫШ** зат. тех. *Жеміс-жидектердің шырынын бөліп алуға арналған аппарат.*

**ШЫРЫН-ШӘРБӘТ** зат. тамақ. *Шырын, шәрбат сияқты дәмді тағамдар.*

**ШЫРЫН-ШЕКЕР** зат. *Тәтті тағам.*

**ШЫРЫШ**[1] зат. **1.** *Тамырынан желім алатын, құмда өсетін малазықтық өсімдік.* **2.** өс. <лат. eremurus> *Таулы аймаққа өсетін, сабағы жапырақсыз, гүлі ақ, қызғылт, сары не қоңыр түсті көпжылдық шөптесін өсімдік.* **3.** аусыс. *Бір нәрсені ажырамастай етіп ұстап қалатын зат, желім.*

**ШЫРЫШ**[2] зат. *Жаңа туған төлдің, балықтың т. б. денесіндегі жылпылдақ зат.*

**ШЫРЫШ**[3] зат. жерг. *Мәткенің үстіне салатын жіңішке ағаштар, шанжа, қабырға ағаш.*

**ШЫРЫШ**[4]**: шырыш бұзды**. *Тыныштығын, берекесін кетірді; шырқын бұзды.*

**ШЫРЫШТА=** ет. *Шырыш жағу.*

**ШЫРЫШТАЙ** сын. *Шырыш сияқты, шырыш тәрізді.*

**Шырыштай болып отырды**. жерг. *Топталып, жиылып отырды.*

**ШЫРЫШТАН=** ет. *Шырыш пайда болу, жабысу.*

**ШЫРЫШТАНДЫР=** ет. *Шырышты ету, жабысқақ ету.*

**ШЫРЫШТАНДЫРУ** *Шырыштандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЫШТАНУ** *Шырыштан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫРЫШТАУ** сын. *Қолға жабысқақтау, желім тәрізділеу.*

**ШЫРЫШТЫ** сын. *Шырышы мол, шырышқа толы.*

**Шырышты ұлулар.** зоол. *Көзі мұртша ұшындағылар отрядына жататын бауыр аяқты құрлық өкпелі моллюскілері.*

**ШЫРЫШ-ШЫРЫШ** сын. *Қатты шырыштанған, шырыш жұққан.*

**ШЫРИ=** ет. жерг. *Етек-жеңін жинай алмау, мұрнынан шаншылу.*

**ШЫТ**[1] зат. **1.** *Тұрмыста жиі қолданылатын жеңіл әрі арзанқол жұқа мата. // Шыт матадан тігілген.* **2.** *Орамал, шаршы.* **3.** *Беторамал, қолорамал.*

**Шыт жаңа**. жерг. *Бұрын ұсталмаған, жап-жаңа.* **Шыт жаңа қылды.** *Жаңалады, жаңартты.*

**ШЫТ**[2]: **қабақ [қас] шытты**. *Кейістік білдірді, қынжылды.*

**ШЫТА**[1] зат. жерг. *Егістік жерге қар тоқтату үшін қойылатын ағаш қалқан.*

**ШЫТА**[2] зат. жерг. *Шомның ағашы.*

**ШЫТАҚ** зат. этн. көне. *Сәукеленің қозасы; қозалы салпыншақ; сәукеленің шынжырлы «аяғы».*

**ШЫТАҚТАЙ** сын. *Шытақ сияқты, шытақ тәрізді.*

**ШЫТҚЫЗ: қабақ шытқызды.** *Ренжітті, кейітті.*

**ШЫТҚЫЗУ** *Шытқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТҚЫЛ** сын. **1.** *Аздаған ызғар бар, шыңылтыр.* **2.** ауыс. *Қабағы сәл кірбің тартқан, ренішті.*

**Шытқыл аяз.** *Қатты құрғақ аяз.*

**ШЫТҚЫЛДАУ** сын. *Сәл суықтау, ызғарлы.*

**ШЫТҚЫЛДЫҚ** зат. **1.** *Аздаған аяз ызғары, болушылық.* **2.** ауыс. *Аздаған көңіл кірбіңдігі, қабағы қатыңқылық.*

**ШЫТҚЫЛТЫМ** сын. *Болар-болмас ызғарлы, шыңылтыр.*

**ШЫТОРАМАЛ** зат. жерг. *Қол орамал.*

**ШЫТПА** зат. сөйл. *Қамыс секілді жіңішке өсімдіктен тоқылған ши.*

**ШЫТПЫРАТ=** ет. жерг. *Шатастыру, жаңылысу, шатып-бүту.*

**ШЫТТАЙ** үст. *Бас-аяғына дейін бүтін; су жаңа.*

**Шыттай жаңа.** *Су жаңа, жап-жаңа.*

**ШЫТТЫР: қабақ шыттырды.** *Кейітті, ренжітті.*

**ШЫТТЫРТ: қабақ шыттыртпады.** *Ренжітпеді, кейітпеді.*

**ШЫТТЫРТУ** *Шыттырт етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТТЫРУ** *Шыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТУЛЫ: қабағы шытулы.** *Қабағы қатулы, түюлі, ренжулі.*

**ШЫТ-ШЫБЫР** зат. сөйл. *Арзанқол мата, шыт-мыт.*

**ШЫТ-ШЫТ** сын. *Тілім-тілім болып жарылып кеткен.*

**ШЫТЫЛ: қабағы шытылды.** *Қабағы түйілді, кейіді, ренжіді.*

**ШЫТЫЛУ** *Шытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫМЫР** сын. *Шытқылданған, шыңылтыр (аяз).*

**Шытымыр аяз.** *Қалың қар түскеннен кейінгі құрғақ шыңылтыр аяз.*

**ШЫТЫМЫРЛАН=** ет. *Аяз ызғары біліну, шытымыр тарту.*

**ШЫТЫМЫРЛАНУ** *Шытымырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫМЫРЛАУ** сын. *Сәл суықтау, аяздылау.*

**ШЫТЫН=** ет. **1.** *Бір нәрсе жанға батып, ауырсыну.* **2.** *Қабағын шытып, жақтырмау, менсінбеу.*

**ШЫТЫНА=** ет. **1.** *Сызат түсіп, шатынап жарылу, сыну.* **2.** *Аяқ-қол, бет терілерінің құрғап, тілім-тілім болуы.* **3.** ауыс. *Арақатынасқа салқындық кіру, көңілге кірбің түсу.* **4.** ауыс. *Ашуланып сыздау, терісіне сыймай тырсию.*

**Шытынаған аяз.** *Қатты құрғақ аяз.*

**ШЫТЫНАТ=** ет. *Сызат түсіру, жару.*

**ШЫТЫНАТУ** *Шытынат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫНАУ** *Шытына етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сызат түсіп жарылу.* **2.** ауыс. *Арақатынасқа салқындық кіру.*

**ШЫТЫНУ** *Шытын етістігінің қимыл атауы; жақтырмау.*

**ШЫТЫНЫҢҚЫ** сын. *Шытыңқы, қабағы түйіліңкі, ренжулі.*

**ШЫТЫНЫҢҚЫРА=** ет. *Қабағын аздап шыту.*

**ШЫТЫНЫҢҚЫРАУ** *Шытыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫҢҚЫ** сын. *Қабағы түйіліңкі, ренжулі.*

**ШЫТЫҢҚЫРА=** ет. *Аз-кем кейіс қалып білдіру, ренжіңкіреу.*

**ШЫТЫҢҚЫРАУ** *Шытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫР**[1] зат. өс. <лат. leptaleum> *Биіктігі 70 см-ге дейін жететін, гүлі ұсақ, шашақ тәрізді гүл шоғырына топтанған, сортаңдау далада өсетін, шөп тектес өсімдік.*

**Шытыр жеген өгіздей.** *Доңбекшіп, аунақшып.*

**ШЫТЫР**[2] зат. *Шытыр-шытыр еткен дыбыс.*

**ШЫТЫР**[3] зат. жерг. *Картаның кіресі.*

**ШЫТЫРА**[1] зат. қолөнер. *Баскиім мен аяқкиімге қадайтын, омырауға түмелікке қадайтын, ағаш бұйымның бетіне, ер-тоқымға шабылатын, асыл тасты яки асыл тассыз алтын не күміс әшекей; шеттіктің үлкендеу түрі.*

**ШЫТЫРА**[2] зат. қолөнер. **1.** ***Шытырман*** *(өрнек түрі).* **2.** ауыс. *Қырау, қар.*

**Шытыра қалып.** қолөнер. а) *Белгілі бір формадағы шытыра соғатын құрал.* ә) *Шытыраға бедер, ою түсіретін қадаубас.*

**ШЫТЫРА**[3] зат. өс. сөйл. ***Көгілдір*** *(биіктігі 15–20 сантиметрге жететін, көлбей өсетін, біржылдық, шөп тектес өсімдік).*

**ШЫТЫРАДАЙ** сын. *Жалт-жұлт еткен, жалтыраған.*

**ШЫТЫРАЙ=** ет. **1.** *Бар жақсы киімін киіп, шікірею.* **2.** *Өзін біреуден артық санап, маңғазсу.*

**ШЫТЫРАҚ** зат. өс. <лат. lycopus> *Ерінді гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫТЫРАЛА=** ет. *Шытырамен әшекейлеу, шытыра тағу.*

**ШЫТЫРАЛАУ** *Шытырала етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫРАЛЫ** сын. *Шытырамен әшекейленген, шытырасы бар.*

**ШЫТЫРДАЙ** үст. *Кіршіксіз, тап-таза.*

**ШЫТЫРЛА=** ет. **1.** *Шытыр-шытыр ету.* **2.** ауыс. *Жоқтан өзгеге кіділену, шырт ете қалу.*

**ШЫТЫРЛАҚ**[1] зат. өс. сөйл. *Шыңқетер (көлеңкелі жерлерде өсетін, жемісінің ұшына қол тиіп кетсе, тұқымдарын өздері алысқа шашатын өсімдік).*

**ШЫТЫРЛАҚ**[2] зат. өс. сөйл. *Әміре қауын.*

**ШЫТЫРЛАҚ**[3] сын. **1.** *Шытыр-шытыр еткен, судай жаңа.* **2.** ауыс. *Болар-болмасқа ашу шақыратын, дыз етпе.*

**ШЫТЫРЛАТ=** ет. *Шытыр-шытыр еткізу, сытырлату.*

**ШЫТЫРЛАТУ** *Шытырлат етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫРЛАУ** *Шытырла етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫТЫРМА**[1] зат. сөйл. ***Шытыра.***

**Шытырма көйлек.** этн. *Әшекей тағылған көйлек.*

**ШЫТЫРМА**[2] зат. жерг. *Керосин шамның шілтері.*

**ШЫТЫРМАҚ**[1] зат. бот. <лат. lepidium> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі не көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде шала бұта.*

**ШЫТЫРМАҚ**[2] сын. *Қым-қиғаш, шимай-шатақ.*

**ШЫТЫРМАН**[1] сын. **1.** *Әбден бытысып өскен, бір-бірімен тұтасып кеткен, ну. // Қым-қиғаш, адам түсініп болмайтын, шым-шытырық оқиға.* **2.** *Шым-шытырық оқиғаға толы.*

**Шытырман жол.** *Айқыш-ұйқыш жол.* **Шытырман ой.** *Бас қатырарлық, қым-қуыт ой.*

**ШЫТЫРМАН**[2] зат. **1.** этн. қолөнер. *Көпжапырақты өсімдік пен көп тармақты мүйіз және геометриялық фигуралар араласып келетін күрделі өрнек.* **2.** жерг. *Омырауға тағатын шытыра, түйме.*

**ШЫТЫРМАН** зат. өс. *Су өсімдігі.*

**ШЫТЫРМАНБАС** зат. өс. сөйл. *Шөмішбастұқым.*

**ШЫТЫРМАНДАУ** сын. *Ыргалаңы молдау, қым-қиғаштау.*

**ШЫТЫРМАНДЫ** сын. *Шым-шытырық, шатасқан.*

**ШЫТЫРМАНДЫҚ** зат. *Шытырманға толы болушылық.*

**ШЫТЫРША** зат. өс. <лат. berteroa> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ШЫТЫРШӨП** зат. өс. сөйл. *Сарыботқа.*

**ШЫТЫРШЫҚ** зат. өс. сөйл. *Исат (балауса (жас) кезінде малдың барлық түлігі жейтін шөлді аймақта, құмда ерте көктемде өсетін, биіктігі 10-25 см-дей, біржылдық эфемер шөп).*

**ШЫТЫС: қабақ шытысты.** *Ренжісті, кейісті.*

**ШЫТЫСУ** *Шытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ШЫШТАЗА** сын. жерг. *Тап-таза.*

**ШЫШ-ШИҚЫМАН** сын. жерг. *Нағыз, кәдімгі.*

**ШІБИ** зат. **1.** *Тауықтың кішкене балапаны, шөже.* **2.** жерг. *Мекиен, тауықтың мекиені.*

**ШІБІТ** зат. жерг. *Укроп.*

**ШІГЕ** зат. этн. ойын. *Асықтың бүгесіне қарама-қарсы ішкі шұңқыр жағы.*

**ШІГІЛ** зат. өс. <лат. tetradiclis> *Жапырақтары майда, сабағы жіңішке шөптесін өсімдік.*

**ШІГІЛДІК** зат. өс. *Қалың болып өсетін тікенді бұта.*

**ШІГІЛТІК** зат. жерг. *Жабайы жиде.*

**ШІГІН** зат. жерг. *Күрішпен қоса жарыса өсетін жабайы өсімдік.*

**ШІГІН** зат. өс. сөйл. *Шиін.*

**ШІГІН** зат. өс. жерг. *Күріш арамшөбі.*

**ШІГІР** зат. өс. жерг. *Селеу шөбі.*

**ШІГІТ** зат. жерг. *Мақта тұқымы.*

**Шігіт майы.** жерг. *Мақта майы.*

**ШІДЕР** зат. этн. *Аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып тұсайтын тұсамыс, ат әбзелі.*

**Шідер балағы.** этн. *Оқтыққа жалғанған жалпақ қабат қайыс.* **Шідер бүлдіргесі.** этн. *Шідер тиегі немесе жетім бұтақ ағаш.* **Шідер оқтығы.** этн. *Шідердің ортасындағы өрме немесе темір қоспасы.* **Шідер салды.** а) *Жылқының аяғын шідерледі.* ә) *Еркіне жібермеді, бұғауда ұстады.*

**ШІДЕРЛЕ=** ет. **1.** *Шідер салу.* **2.** ауыс. *Еркіне жібермей, тежеп ұстау.*

**ШІДЕРЛЕН=** ет. **1.** *Шідер салыну.* **2.** ауыс. *Кедергіге тап болу, еркінен айырылу.*

**ШІДЕРЛЕНУ** *Шідерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІДЕРЛЕТ=** ет. *Шідер салдырту.*

**ШІДЕРЛЕТУ** *Шідерлет етістігінің қимыл атауы.*

**ШІДЕРЛЕУ** *Шідерле етістігінің қимыл атауы; шідер салу.*

**ШІДЕРЛЕУЛІ** сын. *Шідер салынған, шідерлі.*

**ШІДЕРЛІ** сын. *Шідері бар, шідер салынған.*

**ШІДЕРЛІК** зат. *Ат сирағының шідер салынатын жері.*

**ШІК** зат. сөйл. ***Шіге.***

**ШІКӘМ** сын. сөйл. *Кінәмшіл.*

**ШІКӘМШІЛ** сын. *Барлық нәрсені ұната бермейтін, кінәмшіл.*

**ШІКӘС** зат. *Жеңіліс, ұтылыс.*

**ШІКЕРТ=** ет. жерг. *Сырқаттану, науқастану.*

**ШІКИ=** ет. *Алару, тесірею.*

**ШІКІЛДЕК** зат. өс. жерг. *Шемішке, күнбағыс дәні.*

**ШІКІЛДЕУІК** зат. өс. жерг. *Шікілдек, шемішке.*

**ШІКІРӘ**: **кімнің шікірәсы? [кімге шікірә].** *Кімге дәрісің, сенімен кім санасады, қолыңнан не келеді деген мағынада.*

**ШІКІРӘ[1]** сын. жерг. *Беткеңстар, әздек, қимас.*

**ШІКІРӘ[2]** зат. жерг. *Кенже лақ.*

**ШІКІРӘ** зат. көне. ***Әулие.***

**ШІКІРДЕЙ** сын. жерг. *Кішкентай, құрттай.*

**ШІКІРЕ** зат. жерг. *Ерте туған лақ.*

**ШІКІРЕЙ=** ет. *Біреуді менсінбей, шекесінен қарау, ширену.*

**ШІКІРЕЮ** *Шікірей етістігінің қимыл атауы.*

**ШІКІРТТЕН=** ет. жерг. *Аздап сырқаттану, науқастану.*

**ШІКІРТТЕНУ** *Шікірттен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІЛ[1]** зат. **1.** <лат. perdix> *Кекілікке ұқсас, сұрғылт түсті кішкентай құс.* **2.** зоол. *Дене тұрқы 35–37 см, салмағы 330– 580 г. құр тұқымдарына жататын құс.*

**Шілдің боғындай бытырады.** *Тоз-тоз болып берекесі кетті, жан-жаққа шашылды.* **Шіл боғындай тозды.** *Тоз-тоз боп, бет-бетіне кетті.* **Шілдің қиындай пышырады.** *Тоз-тоз боп, бет-бетіне кетті.* **Шілдің құмалағындай тозды [азайды, бытырады].** *Тоз-тоз боп, бет-бетіне кетті.* **Шіл үйрек.** сөйл. *Кішкентай үйрек.*

**ШІЛ[2]: шіл бөрі.** *Қорқау қасқыр.*

**ШІЛ** зат. өс. сөйл. *Шыл (биік болып өсетін өсімдік).*

**ШІЛӘПШІН** зат. жерг. ***Шылапшын.***

**ШІЛӘУЖІН** зат. жерг. *Шылапшын, леген.*

**ШІЛБИ=** ет. *Қол-аяғы шидей болып ару, ілмию.*

**ШІЛБИЮ** *Шілби етістігінің қимыл атауы.*

**ШІЛБУЫТ** сын. жерг. *Жіп-жіңішке, қылдырықтай.*

**ШІЛБІ** зат. өс. сөйл. *Шылбы.*

**ШІЛБІР** зат. жерг. *Шылбыр.*

**ШІЛГЕ** зат. жерг. *Жылдам пісетін әңгелек қауын.*

**ШІЛГІР** сын. сөйл. ***Шіліңгір.***

**ШІЛДЕ** зат. **1.** <лат. julius> *Қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесіндегі азаматтық жылдың 31 күндік бесінші айы, жаздың екінші айы.* **2.** этн. *Қырық күндік мезгіл [осыдан 25 маусым мен 5 тамыз арасындағы жаздың ең ыстық қырық күнін «үлкен шілде», 25 желтоқсанмен 5 ақпан арасындағы қыстың ең суық қырық күнін «кіші шілде» деп атап кеткен].*

**Шілдеде мұз қатырған**. *Ызғарымен елді шошындырған, ықтырған; қатал, озбыр.* **Шілде суы.** этн. *Қалжаға сойылған қой етінің қайнағанда шыққан қан көбігін сүзіп алып, баланы шомылдыратын су.* **Шілде той**. этн. ***Шілдехана***.

**ШІЛДЕЙ** сын. *Шіл сияқты, кішкентай, ұсақ.*

**Шілдей тоздырды**. *Берекесін кетірді, быт-шытын шығарды.* **Шілдей тоздырды.** *Тоз-тоз қылды, тас-талқан етті.*

**ШІЛДЕК** зат. өс. жерг. **1.** *Шыбықтан тоқылып жасалған кәрсеңке тәрізді ыдыс.* **2.** *Мал сойылғанда пайдаланатын төрт бұрышты нәрсе.*

**ШІЛДЕКІ[2]** зат. кәс. *Ерте пісетін жүзімнің бір түрі.*

**ШІЛДЕҚОҢЫЗ** зат. зоол. *Шілде айында шығатын қанатты қоңыз.*

**ШІЛДЕЛІК[1]** зат. **1.** зоол. <лат. gryllidae> *Тікқанаттылар отрядының ұзын мұрттылар тармағына жататын жәндіктер.* **2.** *Аптап ыстықта шырылдап ұшып жүретін қос қанатты жәндік.*

**ШІЛДЕЛІК[2]** зат. мед. *Ағзаның зат алмасу үдерісінің іштен туа пайда болған ауытқулары; баланың, әсіресе, емшектегі баланың бетіне түсетін жара.*

**ШІЛДЕЛІК** зат. мед. *Диатез.*

**ШІЛДЕР** зат. жерг. *Шілтер, тоқып жасалған кереуеттің үстіне жабатын тор, жапқыш.*

**ШІЛДЕХАНА** зат. этн. **1.** *Жас сәбидің дүниеге келуі құрметіне жасалатын той.* **2.** *Сәбидің қырық күнге толу тойы мерекесі.*

**Шілдехана күзетті.** этн. *Қазақтың салты бойынша, жаңа босанған әйелдің үйінде таң атқанша ойын-сауық құрды.* **Шілдехана тойы.** этн. *Жас нәрестенің дүниеге келу құрметіне арналған, бала қырқынан шыққанда жасалатын жиын.*

**ШІЛДІК** зат. сөйл. ***Шұлдік.***

**ШІЛДІРЕК** сын. *Әлжуаз, ілмиген, ыңыршағы айналып тұрған.*

**ШІЛЕГЕ** зат. *Қураған жуан ағаш, бөрене.*

**ШІЛЕНГЕР** сын. жерг. *Қолының епсесі бар, ұсақ-түйек темір соғатын шебер, ісмер (адам).*

**ШІЛЕҢ** зат. өс. *Құрғақ жерлерде өсетін шөптің түрі.*

**ШІЛИ** үст. жерг. **1.** *Ылғи, үнемі, әрдайым.* **2.** *Тым, аса, өте-мөте.*

**ШІЛИ-МІЛИ** үст. сөйл. ***Шіли.***

**ШІЛИ** үст. жерг. *Тым, аса, өте-мөте.*

**ШІЛИКЕ** зат. кәс. *Түйенің мойнына қамыт орнына кигізетін жалпақ құр тәрізді әбзел.*

**ШІЛИЯ** зат. этн. *Бір жақ ұшы қамыттың құлақ бауына байланып, екінші жақ ұшы арба не шанаға бекітілген, оны сүйрету үшін қажетті жуан қайыс; қамытты аттың мойнына кетірмеу үшін пайдаланылатын әбзел.*

**ШІЛҚҰЙРЫҚ** сын. *Шолтиған, қысқа.*

**ШІЛМАН[1]** зат. көне. *Қойдың құйрық мойынның немесе түйенің өркеші 5–7 түйірін ұзыншалау кесіліп жаймаланған қамырдың арасына бүркемелей салып, дайын пісіретін ұлттық тағамның түрі.*

**ШІЛМАН[2]** зат. зоол. *Теңіз суында үйірімен жүретін, кәсіпшілік үшін ауланатын ұзындығы 15–20 см балық.*

**ШІЛМОЙЫН** сын. *Шілдің мойны сияқты жіңішке мойын.*

**ШІЛМҰРТ** зат. өс. сөйл. *Секпілгүл (жоғарғы жағындағы жапырақтары иілген мұрт тәрізденіп, маңындағы өсімдіктерге жабысып алатын сабағы жіңішке, биіктігі 80 см-дей көпжылдық шөп тектес өсімдік).*

**ШІЛОТЫ** зат. өс. сөйл. *Секпілгүл.*

**ШІЛПИ=** ет. *Ілмию, ару, жүдеу.*

**ШІЛПИЮ** *Шілпи етістігінің қимыл атауы.*

**ШІЛТЕ** зат. көне. *Бетке шіркеу болатын, ұятқа қалдыратын сөз, жала, таба сөгіс, өсек-аяң.*

**ШІЛТЕН** зат. миф. *Желеп-жебеп, қолдайтын киелі бейне, әулие.*

**Шілтеннің шылауы тиді.** миф. *Желеп-жебеді, батасы тиді.*

**ШІЛТЕН 2.** *Әулие.*

**ШІЛТЕҢ** зат. сөйл. ***Шілте.***

**ШІЛТЕР[1]** зат. **1.** *Жібектен, мақта немесе жүн жіптен селдір етіп тоқылған әшекейлі бұйым.* **2.** *Торлы терезе пердесі.*

**ШІЛТЕР[2]** зат. өс. *Көктемде ерте жетілетін, әсіресе қой жақсы жейтін малазықтық өсімдік, шайқурайдың бір түрі.*

**ШІЛТЕР[3]** зат. аймақ. *Шамның шыны мойнына кигізілетін тесік-тесік қып жасаған қалқан.*

**ШІЛТЕР[4]** зат. жерг. *Самауырдың оттығы.*

**ШІЛТЕР[5]** зат. биол. ***Жасуша.***

**Шілтердің дәні**. биол. *Өзек, ядро.*

**ШІЛТЕРЖАПЫРАҚ[1]** зат. өс. *Шілтер (көктемде ерте жетілетін, әсіресе қой жақсы жейтін малазықтық өсімдік, шайқурайдың бір түрі).*

**ШІЛТЕРЖАПЫРАҚТЫ: шілтержапырақты шайқурай.** өс. *Шілтер.*

**ШІЛТЕРҚҰЙРЫҚ** зат. балықшар. *Үйде әсемдік үшін аквариумда өсірілетін алтын түсті әдемі балық.*

**ШІЛТЕРЛЕ=** ет. *Шілтер жүргізу, шілтермен әшекейлеу.*

**ШІЛТЕРЛЕН=** ет. *Шілтер салыну, шілтермен әшекейлену.*

**ШІЛТЕРЛЕНУ** *Шілтерлен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІЛТЕРЛЕУ** *Шілтерле етістігінің қимыл атауы.*

**ШІЛТЕРЛІ[1]** сын. *Шілтер ұсталған, шілтермен әшекейленген.*

**Шілтерлі кесте.** қолөнер. *Шілтер болып тоқылатын кесте.*

**ШІЛТЕРЛІ[2]** сын. биол. *Жасушасы бар, жасушалы.*

**ШІЛТЕРІЛЕ=** ет. *Шілтер жүргізу, шілтермен әшекейлеу.*

**ШІЛТИ[1]=** ет. *Жіп-жіңішке болып жүдеу, шидей болу.*

**ШІЛТИ[2]=** ет. сөйл. ***Шелти***.

**ШІЛТИЮ** *Шілти етістігінің қимыл атауы; шолтию.*

**ШІЛТІК** сын. жерг. *Шілбиген, арық, ыңыршағы айналған (ат туралы).*

**ШІЛТІКЕЙ** сын. жерг. *Шілтиген, шілтірейген.*

**ШІЛШЕ** үст. *Шіл тәрізді, шілге ұқсап.*

**ШІЛІК[1]** зат. **1.** *Су бойында өсетін, жіңішке әрі солқылдақ бұта.* **2.** бот. <лат. salix rosmarinifolia> *Тал тұқымына жататын аласа бұта.* **3.** зат. *Қалың тал өскен жер*

**ШІЛІК[2]** зат. жерг. *Олжаның үлеске бөлгеннен артығы.*

**ШІЛІКТЕЙ** сын. *Шілік тәрізді, шілік сияқты.*

**ШІЛІКТІ** сын. *Шілік өскен, шілігі мол.*

**ШІЛІКШЕ** үст. *Шілік тәрізді, шілікке ұқсап.*

**ШІЛІҢГЕР** зат. жерг. *Іскер, шебер, ұста.*

**ШІЛІҢГІР** сын. *Аспан айналып жерге түскендей, тымырсық.*

**ШІМБЕТ** зат. этн. *Әйелдердің бетіне жабатын пердесі.*

**ШІМҚОРЕК** сын. жерг. *Тамақты өте аз жейтін (адам).*

**ШІМШУІР** зат. жерг. *От қысқаш, шоқ қысқыш.*

**ШІМІР=** ет. жерг. *Шерту, шертіп ату.*

**ШІМІРКЕН=** ет. **1.** *Түршігу, тітіркену.* **2.** ауыс. *Ұялу, қысылып-қымтырылу, қаймығу.*

**ШІМІРКЕНДІР=** ет. **1.** *Тітіркендіру, әсер ету.* **2.** *Түршіктіру, құйқаны шымырлату.*

**ШІМІРКЕНДІРУ** *Шіміркендір етістігінің қимыл атауы.*

**ШІМІРКЕНДІРГІШ** зат. биол. ***Тітіркендіргіш.***

**ШІМІРКЕНТ=** ет. *Тітіркендіру, әсер ету.*

**ШІМІРКЕНТУ** *Шіміркент етістігінің қимыл атауы.*

**ШІМІРКЕНУ** *Шіміркен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІМІРКЕНІС** зат. биол. ***Тітіркеніс.***

**ШІМІРКЕНІС=** ет. *Тітіркенісу, жиренісу.*

**ШІМІРКЕНІСУ** *Шіміркеніс етістігінің қимыл атауы.*

**ШІМІР=** ет. жерг. *Шерту, шертіп алу.*

**ШІМІРІГУ** *Шімірік етістігінің қимыл атауы; ұялу, ыңғайсыздану.*

**ШІМІРІК=** ет. **1.** *Бір нәрседен тітіркену, денесі түршігу.* **2.** ауыс. *Ұялу, ыңғайсыздану.*

**ШІМІРІКПЕ=** ет. *Еш нәрседен тайсалмау, қорықпау; ұялмау.*

**ШІМІРІКПЕУ** *Шімірікпе етістігінің қимыл атауы.*

**ШІМІРІКТІР=** ет. *Тітіркендіру, түршіктіру.*

**ШІМІРІКТІРУ** *Шіміріктір етістігінің қимыл атауы.*

**ШІНЖАУ** сын. жерг. *Жүдеген, арық, нәзік.*

**ШІНҰЛТАН** зат. жерг. *Ішкіұлтан, етіктің ішкі ұлтаны.*

**ШІҢГІРЛЕ[1]=** ет. **1.** *Жас құлынның жіңішке дауыспен кісінеуі.* **2.** *Шіңгір-шіңгір етіп сөйлеу.*

**ШІҢГІРЛЕ[2]=** ет. жерг. *Қатты ашу, бығынап ашып кету.*

**ШІҢГІРЛЕК** сын. *Шіңгір-шіңгір етіп қалған жіңішке (дыбыс, үн).*

**Шіңгірлек домбыра.** *Шанағы шағын, мойны қысқа болып келетін, сондықтан дауысы шіңгірлеп шығатын домбыра.*

**ШІҢГІРЛЕУ** *Шіңгірле етістігінің қимыл атауы.*

**ШІҢГІРШІК** з а т. к ә с. с ө й л. ***Шіңгірік.***

**ШІҢГІРІК** з а т. к ә с. *Жүгерінің дәні алынған собығы.*

**ШІҢГІРІК** з а т. ө с. *Сортаңды жерлерде өсетін шөптесін өсімдік.*

**ШІҢК** е л і к. *Кенеттен шіңкілдей шыққан қысқа, жіңішке, нәзік дыбысты білдіретін сөз.*

**ШІҢКЕТЕР** з а т. ө с. с ө й л. *Шыңкетер.*

**ШІҢКІЛ** з а т. *Жіңішке, нәзік дауыс.*

**ШІҢКІЛДЕ=** е т. *Шіңк-шіңк еткен үн шығару.*

**ШІҢКІЛДЕК**[1] з а т. *Үйректің даусы шіңкілдеп қалған, дене түрқы кішірек бір түрі.*

**ШІҢКІЛДЕК**[2] з а т. ж е р г. *Сарщұнақ, егін арасында болатын сарытышқан.*

**ШІҢКІЛДЕК**[3] с ы н. *Шіңк-шіңк еткен, жіңішке (үн, дыбыс).*

**ШІҢКІЛДЕКТЕУ** с ы н. *Аздап шіңкілдеген, жіңішкелеу.*

**ШІҢКІЛДЕС=** е т. *Шіңк-шіңк етісу.*

**ШІҢКІЛДЕСУ** *Шіңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

**ШІҢКІЛДЕТ=** е т. *Шіңк-шіңк еткізу.*

**ШІҢКІЛДЕТУ** *Шіңкілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШІҢКІЛДЕУ** *Шіңкілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШІҢІЛТЕК** с ы н. ж е р г. *Шіңкілдек, жіңішке (дауыс).*

**ШІПТӘ** з а т. ж е р г. *Тоқыған өрнексіз, жадағай ши.*

**ШІП-ШИКІ** с ы н. **1.** *Әлі пісуі жетпеген, көк.* **2.** а у ы с. *Әлі буыны қатпаған, тәжірибесіз, жас.* **3.** а у ы с. *Мүлде жалған, қисыны жоқ.*

**ШІП-ШИКІЛ** с ы н. *Тіптен шикіл, сап-сары.*

**ШІПШІК** з а т. ж е р г. *Аудың арқанын жерге бекітетін қазық.*

**ШІПІЛДЕ=** е т. *Бетімен-бет болып, толып тұру, шүпілдеу.*

**ШІПІЛДЕТ=** е т. *Лық толтыру, шүпілдету.*

**ШІПІЛДЕТУ** *Шіпілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ШІПІЛДЕУ** *Шіпілде етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРЕ** з а т. *Сөл, сөк, шыра.*

**ШІРЕ=** е т. **1.** *Күш салып шірене тарту.* **2.** а у ы с. *Өзіне өзі келіп баю, толу, асып-тасу.*

**ШІРЕ**= е т. ж е р г. *Толу.*

**ШІРЕН=** е т. **1.** *Бар күшті екі аяққа салып, кеудені артқа тарту, шіреу.* **2.** а у ы с. *Өзін өзі жоғары санап, менменсу, тәкаппарсу.*

**ШІРЕНТ=** е т. *Қайқайту, шіреу.*

**ШІРЕНТУ** *Шірент етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРЕНУ** *Шірен етістігінің қимыл атауы; тәкаппарсу, кеудесін керу.*

**ШІРЕНШЕК** с ы н. *Ілгері баспайтын, шіренгіш.*

**ШІРЕНІҢКІРЕ=** е т. **1.** *Аздап шірену, аягын шірей созу.* **2.** а у ы с. *Менменси қарау, кеудесін керу, кісімсініңкіреу.*

**ШІРЕНІҢКІРЕУ** *Шіреніңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРЕНІС=** е т. *Кеудесін керу, кісімсіну.*

**ШІРЕНІСУ** *Шіреніс етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРЕС=** е т. *Шіренісу, кеудесін керу.*

**ШІРЕСУ** *Шірес етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРЕТ** [ор. очередь] з а т. с ө й л. ***Кезек.***

**ШІРЕУ** *Шіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРКЕЙ** з а т. з о о л. <лат. simuliidae> *Қосқанатты қансорғыш жәндіктердің тұқымдасы.*

**ШІРКЕЙЛІ** с ы н. *Шіркейі қалың, шіркейі бар.*

**ШІРКЕЙОТ** з а т. ө с. <лат. yasione> *Сабағы тік, жапырақтарының беті жылтыр, жапырақ бездері тәтті шырын бөліп тұратындықтан шыбын-шіркей қонғыш келетін, сазды жерлерде өсетін, көпжылдық өсімдік.*

**ШІРКЕУ**[1] з а т. д і н и. *Христиан діни ғұрыптары мен ғибадаттарын атқаруға арналған ғимарат.*

**Шіркеу құқығы.** з а ң. *Шіркеу ережесін, шіркеу ұйымдарының құрылымы мен құзыретін реттейтін нормалар жиынтығы.* **Шіркеу музыкасы**. д і н и. *Христиан шіркеулерінде Құдайға құлшылық ету кезінде орындалатын музыка.* **Шіркеу салығы.** э к о н. *Шіркеулердің кірісіне түсетін және олардың өз міндеттерін орындауы үшін жиналатын салық.*

**ШІРКЕУ**[2] з а т. к ө н е. *Ұятты болған кезде бетті қалқалап көрсетпей тұратын жапқыш, бетперде.*

**Шіркеу келтірді.** *Атына кір келтірді, цятқа қалдырды.*

**ШІРКЕУЛЕ=** е т. *Ұялту, сөз келтіру.*

**ШІРКЕУЛЕН=** е т. *Ұялу, қымсыну, ыңғайсыздану.*

**ШІРКЕУЛЕНУ** *Шіркеулен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРКЕУЛЕУ** *Шіркеуле етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРКЕУЛІ** с ы н. *Ұятты, қысылған, ыңғайсызданған.*

**ШІРКЕУЛІК** з а т. *Шіркеуге қатысты, шіркеудің қарамағындағы.*

**Шіркеулік славянизмдер.** л и н г в. *Шіркеулік славян тілінен алынған немесе соның үлгісімен туған жасанды сөздер.*

**ШІРКЕУШІ** з а т. д і н и. *Христиан дінін уағыздаушы шіркеу қызметкері.*

**ШІРКІН** ш ы л. **1.** *Бір нәрсені аңсау, армандау мағынасында айтылатын сөз.* **2.** *Есіл, қайран деген мағынада.* **3.** *Байғұс, бейшара, сорлы деген мағынада.*

**ШІРКІНДІК** з а т. *Кереметтік, артықтық.*

**ШІРНЕ** з а т. б о т. *Өсімдіктің бойында, жемісінде түзілетін тәтті зат.*

**ШІРНЕЛІ** с ы н. *Шірнесі бар, шірнесі мол.*

**Шірнелі өсімдіктер.** б о т. *Гүлінен бал арасы шірне мен тозаң жинайтын жабық тұқымды өсімдіктер тобы.*

**ШІРУ** *Шірі етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРІ=** е т. **1.** *Өсуін тоқтатқан өсімдіктің бүлінуі; түкке жарамау, үгітілу.* **2.** *Ағза ұлпаларының бұзылуы; істен шығуы.* **3.** а у ы с. *Қор болу, қиналу, азаптану.* **4.** а у ы с. *Азу, бүліну, құрттау.* **5.** *Тозығы жету, күйреу.*

**Шіріген бай.** *Байлығының шегі жоқ, жұрттан асқан бай.* **Шіріген жұмыртқа.** к е й і с. *Ата-ананың айтқанын тыңдамай, үмітін ақтамай, елден кеткен кісі, теріс бата алған бала.*

**ШІРІГІШ** с ы н. *Тез шірітін, шіруге бейім.*

**ШІРІК**[1] з а т. к ә с. *Аңыз, бірнеше жыл тыңайтылған жер.*

**ШІРІК**[2] с ы н. **1.** *Әбден бұзылып, шіріп кеткен.* **2.** *Сасық, бықсық.* **3.** а у ы с. *Ескірген, тозған.* **4.** а у ы с. *Намыссыз, ез, былжыр (адам).*

**Шірік тұнба.** б и о л. *Негізінен органикалық заттар мен су ағзаларының қалдықтарынан тұратын су қоймаларының түбіндегі органикалық тұнба.*

**ШІРІКТЕН=** е т. *Жасық, былжыр болу.*

**ШІРІКТЕНУ** *Шіріктен етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРІКТІК** з а т. **1.** *Шірік болушылық.* **2.** а у ы с. *Тозығы жеткендік, дәурені өткендік.* **3.** а у ы с. *Ынжықтық, босбелбеулік.*

**ШІРІКШІЛ** с ы н. *Шіріккұмар, шірікке жинағыш.*

**ШІРІН** з а т. ж е р г. ***Шырын.***

**ШІРІНПӘШЕК** з а т. ө с. ж е р г. *Собығы бар сүттіген шөп.*

**ШІРІНДІ** з а т. *Әбден шіріген, тозған нәрсе.*

**ШІРІНЖІ** з а т. ж е р г. *Бақшаға түсетін құрт.*

**ШІРІНКЕНЕ** з а т. *Сауда-саттықта екі жақсы келістіруші делдалдың алатын ақысы.*

**ШІРІНШЕ** з а т. *Шықшыт безінің қабынуынан болатын ауру.*

**ШІРІҢКІРЕ=** е т. *Аздап шіру, шіри бастау.*

**ШІРІҢКІРЕУ** *Шіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРІТ=** е т. **1.** *Шірікке айналдыру, аздырыптоздырту.* **2.** а у ы с. *Әлекке салу, әурелеу.* **3.** а у ы с. *Қор қылу, қинау.* **4.** а у ы с. *Орынды пайдаланбау, кәдеге жаратпау.*

**ШІРІТКІШ** с ы н. *Шіріту қасиеті бар, шірітіп жіберетін.*

**ШІРІТТІР=** е т. *Қор қылдыру, қинаттыру.*

**ШІРІТТІРУ** *Шіріттір етістігінің қимыл атауы.*

**ШІРІТУ** *Шіріт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шірікке айналдыру, құрту.* **2.** а у ы с. *Қинау, азаптау, азапқа салу.*

**ШІРІТУШІ** з а т. *Шіріте алатын нәрсе, зат.*

**ШІТІРЕЙ=** е т. с ө й л. ***Шікірей.***

**ШІТІРЕЮ** *Шітірей етістігінің қимыл атауы.*

# Щ

**Щ** л и н г в. *Қазақ әліпбиіндегі қатар келген екі тіл алды, ызың, қатаң дауыссыз дыбыс тіркесін немесе орыс тілінен енген қатаң ызың тіл алды жіңішке дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп.*

**ЩЕТКА** з а т. ***Қылауыш.*** **1.** *Бір нәрсені сүртіп, тазалау үшін ағашқа жиі етіп қыл өткізіліп жасалған, сондай-ақ, жөке қабығынан буып істеп, үй ағарту үшін пайдаланылатын бұйым.* **2.** т е х. *Қылдан жасалған тетік.*

**ЩЕТКАЛА=** е т. *Бір нәрсенің үстіңгі бетін щеткамен сүрту, тазалау.*

**ЩЕТКАЛАН=** е т. *Щеткамен тазалану.*

**ЩЕТКАЛАНУ** *Щеткалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЩЕТКАЛАТ=** е т. *Щеткамен тазалату.*

**ЩЕТКАЛАТУ** *Щеткалат етістігінің қимыл атауы.*

**ЩЕТКАЛАУ** *Щеткала етістігінің қимыл атауы.*

**ЩИ** ор. з а т. т а м а қ. *Қырыққабаттан, кейбір өсімдік жапырақтарынан жасалған орыстың ұлттық сұйық тағамы.*

**ЩИТ** з а т. т е х. ***Қалқан.*** **1.** *Қандай да бір басқару нүктелері, тетіктері орналасқан техникалық құрылғының бөлігі, түйметақта.* **2.** *Қалқан қызметіндегі тетік бөлігі.*

# Ы

**Ы** л и н г в. **1.** *Ауыздың тар ашылуынан жасалған қысаң тіл арты, жуан дауысты дыбыс.* **2.** *Қазақ әліпбиінің отыз жетінші әрпі және сол әріптің жазылу таңбасы.*

**ЫБҒАЛ** з а т. ж е р г. *Тәлей, тағдыр.*

**ЫҚБОТ** [ор. вход] з а т. с ө й л. ***Шығын.***

**ЫБЫҒЫЗСУ** ж е р г. *Ыбығызсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫҒЫЗСЫ=** е т. *Қылымсу, ұялу.*

**ЫБЫЛ=** е т. с ө й л. э к с п р. *Асықпау, сылбыр қимылдау.*

**ЫБЫЛЖУ** *Ыбылжы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫЛЖЫ=** е т. **1.** *Бір нәрсені ақырын, жай істеу, сылбыр қимылдау.* **2.** *Саябырлап жауу, себелеу.*

**ЫБЫЛЖЫҚ: ыбылжық жауын.** з а т. э к с п р. *Саябырлап, себелеп, майдалап жауған жаңбыр.*

**ЫБЫЛЖЫТ=** е т. с ө й л. э к с п р. *Сылбырсалғырт ету.*

**ЫБЫЛЖЫТУ** э к с п р. *Ыбылжыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫЛУ** э к с п р. *Ыбыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫЛЫС** з а т. д і н и. ***Ібіліс*** *(діни ұғым бойынша, жын-шайтанның аты).*

**Ыбылыс суы**. э к с п р. *Мұсылман дінінде харам етілген мас қылатын сусын, арақ-шарап.* **Ыбылыс шайтан**. д і н и. *Адамға қарсы қара күштер, жын-шайтандар.*

**ЫБЫЛЫСТА** ү с т. с ө й л. *Қапылыста, асығыста.*

**ЫБЫЛЫСТАЙ** сын. *Ыбылыс сияқты.*

**ЫБЫЛЫСТЫР=** ет. жерг. *Сапырылыстыру, ыбырсыту.*

**ЫБЫЛЫСТЫРУ** сөйл. *Ыбылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫЛЫСША** үст. сөйл. экспр. *Ыбылысқа ұқсап.*

**ЫБЫН** зат. жерг. *Кейіп, түр, ұсқын.*

**ЫБЫРАТ** зат. сөйл. ***Ғибрат** (ақыл-кеңес; нақыл сөз, мазмұнды мағыналы сөз).*

**ЫБЫРАТСЫЗ** сын. сөйл. ***Ғибратсыз** (мағынасыз, мазмұнсыз).*

**ЫБЫР-ДҮБІРЛІ** сын. сөйл. *Қыбырлаған, қалың.*

**ЫБЫР-ДЫБЫР** елік. *Қыбырлаған қозғалысты бейнелейтін дыбырлаған дыбысты білдіретін сөз.*

**ЫБЫР-ЖЫБЫР** елік. *Баяу қимыл, күйбеңді бейнелейтін сөз.*

**ЫБЫРСУ** *Ыбырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫРСЫ=** ет. **1.** *Қалай болса, солай қобырап-қоңырсу, ретсіз шашылып жату.* **2.** *Бекітілу, қоқысқа толу.*

**ЫБЫРСЫҢҚЫРА=** ет. *Шашылыңқырау.*

**ЫБЫРСЫҢҚЫРАУ** *Ыбырсыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫРСЫП-ҚОҚСУ** *Ыбырсып-қоқсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫРСЫП-ҚОҚСЫ=** ет. *Қалай болса, солай шашылып, қараусыз жату, қоқырсу.*

**ЫБЫР-СЫБЫР** елік. *Сыбырлаған дыбысты білдіретін, қыбырлаған қимылды бейнелейтін сөз.* // ауыс. *Ұсақ-түйек, пыш-пыш сөз, өсекаяң.*

**ЫБЫРСЫҚ** зат. **1.** *Қоқсыған, шашылған жай, қоқсық зат.* **2.** ауыс. *Шашыраған, жүйесіз ой.*

**ЫБЫРСЫТ=** ет. *Қоқсыту, шашу.*

**ЫБЫРСЫТУ** *Ыбырсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫБЫРЫҚ** зат. жерг. ***Құмыра.***

**ЫҒАЙ: ығай мен [менен] сығай.** көне. *Іріктелген, таңдаулы.*

**ЫҒАЙ-СЫҒАЙ** сын. *Бірінен-бірі өткен, іріктелген.*

**ЫҒАЛ** сын. жерг. *Ылғал, дымқыл.*

**ЫЖҒЫН** зат. жерг. *Қатты жүретін, жүргіш, жүрдек ат.*

**ЫҒЛАН** [ар. إعلان] зат. тар. **1.** *Құрылтайшылық төлем.* **2.** *Құрушы, құрамына енуші.*

**Ығлан етті.** *Құру, ресми түрде құруын жариялау.*

**ЫҒЛИАН** зат. көне. **Жарнама.**

**ЫҒТИБАР** зат. көне. *Дәреже, атақ деген сөз.*

**ЫҒУ** *Ық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жауын-шашыннан, желден пана іздеп, ықтасынға тығылу.* **2.** ауыс. *Қаймығу, жасу.* **3.** геогр. <голл. drigve> *Түрлі заттардың (мұз сеңдері, кеме және т.б.) су бетімен желдің немесе ағыстың ықпалымен орын алмастыруы.*

**Ығу ағысы.** сушар. *Ұзақ уақыт бір бағытта соғатын немесе басты бағыттағы желдің су-қойманың (көл, теңіз) бетіне өтетін тікелей әсерінен болатын және олармен бағыттас келетін ағыс.*

**ЫҒУА** зат. жерг. *Бақыт, жол.*

**ЫҒЫ** зат. жерг. *Реті, ыңғайы.*

**ЫҒЫ-ҒЫЖЫ** елік. жерг. ***Ығы-жығы.***

**ЫҒЫ-ЖӨНІ** зат. сөйл. *Бір нәрсенің немесе істің икемі, ебі.*

**ЫҒЫ-ЖЫҒАТЫ** сын. жерг. ***Ығы-жығы.***

**ЫҒЫ-ЖЫҒЫ** сын. *Ары-бері ретсіз сапырылысқан, опыр-топыр.*

**ЫҒЫЗ=** ет. сөйл. ***Ыққыз.***

**ЫҒЫЛАМ: ығылам етті.** жерг. *Айтып берді.*

**ЫҒЫЛАМ: ығылам ету.** жерг. *Баяндау, айтып беру.*

**Ығылам қылды.** *Жариялады, жария қылды.*

**ЫҒЫЛАН=** ет. жерг. *Илану, сену.*

**ЫҒЫЛАНУ** *Ығылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫЛЫМ** зат. сөйл. ***Ықылым.***

**ЫҒЫЛЫСЫП-СЫҒЫЛЫС=** ет. сөйл. *Ығыжығы болып кептелісу.*

**ЫҒЫЛЫСЫП-СЫҒЫЛЫСУ** сөйл. *Ығылысып-сығылыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫМДА=** ет. *Нығыздау, нығарлау.*

**ЫҒЫН**[1] зат. *Ағынды су.*

**ЫҒЫН**[2] зат. *Ықтасын, желден, жауын-шашыннан таса, ық жер.*

**Ығын табу.** жерг. *Ретін табу, жөнін қарастыру.*

**ЫҒЫН=** ет. *Жасқану, тайсалу, жасу.*

**ЫҒЫНДА=** ет. *Ағындау; ағын сумен қозғалу.*

**ЫҒЫНДАУ** *Ығында етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫНУ** *Ығын етістігінің қимыл атауы; тайсалу, қорқу.*

**ЫҒЫН-ШЫҒЫН** зат. *Бір нәрсеге жұмсалған қаржы, қаражат, еңбекақы.*

**ЫҒЫН-ШЫҒЫНСЫЗ** сын. *Артық ысырапсыз, көп шығын көрмей.*

**ЫҒЫҢҚЫРА=** ет. *Тайсалыңқырау, бетпе-бет келе алмау.*

**ЫҒЫҢҚЫРАУ** *Ығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫҢ-ПЫҒЫҢ** елік. сөйл. *Судың екі үйкелген зат арасынан қысылып шыққандағы дыбысын білдіретін сөз.*

**ЫҒЫП: ығып тұру.** жерг. *Қалың болу, бығып тұру.*

**ЫҒЫР** сын. **1.** *Көп мініс көріп, ерқашты болған (ат).* **2.** *Адамды мезі ететін, мазасыз.*

**Ығыр атан нар.** *Піштірілген нар түйенің жұмысқа мініліп, қатып, шаршағаны.* **Ығыр болды.** а) *Мезі етті, қалжыратты, шаршатты, қажытты, жалықтырды.* ә) *Берекесін кетірді, мазасын алды.* б) *Тынышын кетірді, күйзелтті, мазалай берді, жанын қинады.* **Ығыр етті.** *Мазасын алды, берекесін кетірді, мезі қылды.* **Ығыр көрді.** *Мезі болды, мазасы кетті.* **Ығыры шықты.** *Береке тынышы кетті; ер қашты болды.*

**ЫҒЫР=** ет. жерг. *Зекіп ұрсу, тықсыру.*

**ЫҒЫРЛА=** ет. *Тықсыру.*

**ЫҒЫРЛАУ** *Ығырла етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫРТ=** ет. *Зекіп ұрсу, тықсырту.*

**ЫҒЫРТУ** *Ығырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫРШЫҚ** зат. этн. *Ат әбзелінің тартпаларының ішінде арқадан өтетін бау жібі.*

**ЫҒЫС** зат. *Желдің, боранның суығы мен өтінен қашып, малдың бағытына қарай қозғалысы, бағдарынан ауытқуы, адасуы.*

**ЫҒЫС=** ет. **1.** *Бір жаққа қарай сырғып, жылжып орын босату.* **2.** ауыс. *Беті қайту, жасқану, қаймығу; шегіну, қаумалай қашу.* **3.** ауыс. *Сейілу, жоқ болу.*

**ЫҒЫСА-ЫҒЫСА** үст. *Біріне-бірі сығылысып, сырғып.*

**ЫҒЫСПА** зат. геол. *Жер қыртысының тік және көлбеу ығыстырушы жазықтық (бет) бойынша қанаттары горизонталь бағытта ығысатын тектоникалық қозғалыстар.*

**ЫҒЫСПАЛЫ** сын. *Ығысуға бейім.*

**Ығыспалы мутациялар**. биол. *ДНК нуклеотидтерінің инсерциясы немесе делециясы әсерінен пайда болатын мутация.*

**ЫҒЫСТА=** ет. **1.** *Сырғу, жылжу.* **2.** ауыс. *Қаймығу, жасқану, қашу.*

**ЫҒЫСТАУ** *Ығыста етістігінің қимыл атауы; қашу.*

**ЫҒЫСТЫР=** ет. **1.** *Орнынан жылжыту, сығылыстыру, қозғалту.* **2.** *Алмастыру, орнын басу.* **3.** *Тықсыру, қашыру, шегіндіру.* **4.** ауыс. *Жасыту, жігерінен айыру.* **5.** биол. *Дарвин теориясы бойынша түрлердің бірінің экспансиясына қолайлы жағдай қалыптасуының нәтижесінде экологиялық тұрғыдан жақын бір түрдің орнына екінші бір түрдің басуы.*

**ЫҒЫСТЫРҒЫШТЫҚ** зат. тех. *Заттың суда өз салмағына тең сұйықты лықсыту қасиеті.*

**ЫҒЫСТЫРУ** *Ығыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғау, жылжыту, сырғыту.* **2.** ауыс. *Қуу, шегіндіру, тықсырту.* **3.** хим. *Химиялық реакция барысында молекуладан атомдар тобының бөлінуі.* // псих. *«Психологиялық қорғаныштың» бір түрі, индивид үшін қолайсыз ойлардың, естеліктердің, күйзелістердің санадан «қуып шығарылу» үдерісі.*

**Ығыстыру операциясы.** инф. <ағыл. shift operation> *Регистр мәліметтерінің оңға немесе солға бір разрядқа орын ауыстыруын орындайтын машиналық операция.* **Ығыстыру регистрі.** инф. <ағыл. shift register> *Мәліметті солға немесе оңға разряд бойынша ығыстыруды жасақтайтын регистр.*

**ЫҒЫСТЫРЫЛ=** ет. **1.** *Орнынан қозғалтылу, жылжытылу.* **2.** *Орнын басу, алмастырылу.*

**Ығыстырылған бүтін.** инф. <ағыл. biased integer> *Кейбір базалық мәнге қатысты ығысумен ұсынылған бүтін айнымалы.*

**ЫҒЫСТЫРЫЛУ** *Ығыстырыл етістігінің қимыл атауы; алмастырылу.*

**ЫҒЫСТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Ығыстыра түсіңкіреу, сырғытыңқырау.*

**ЫҒЫСТЫРЫҢҚЫРАУ** *Ығыстырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫСУ** *Ығыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жылжу, орнынан қозғалу.* **2.** ауыс. *Тайсалу, қорқу, жасқану.* **3.** *Материалдар кедергісінде түскен күш әсерінен серпімді денелер өзара параллель қабаттарының аралық-қашықтарын өзгертпей деформациялануы.* **4.** инф. <ағыл. shift> *Іргелес орындар тізбегіндегі ақпараттың сондай мөлшердегі орынға бір бағытта орнын ауыстыруы.*

**Ығысу тогы**. физ. *Айнымалы электр өрісінің магниттік әсерін сипаттайтын физикалық шама.*

**ЫҒЫСЫҢҚЫРА=** ет. **1.** *Ығыса түсіңкіреу, жылжыңқырау.* **2.** ауыс. *Жасқаныңқырау, сескеніңкіреу.*

**ЫҒЫСЫҢҚЫРАУ** *Ығысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҒЫТ** зат. жерг. *Қисынды жері, қолайлы сәті, реті.*

**Ығытын табу.** жерг. *Ретін, ыңғайын табу.*

**ЫҒЫТТЫ** сын. жерг. *Ұтымды, қолайлы.*

**ЫДЫҚ** зат. сөйл. *Ыңғай, рет, жөн.*

**ЫДЫРА=** ет. **1.** *Тарқау, бөлініп-жарылып ұсақталу.* **2.** ауыс. *Тарам-тарам, топ-топ болып бөліну, басы бірікпеу.* **3.** *Сиреу, сейілу.* **4.** *Сетінеп жыртылу, сөгілу.*

**ЫДЫРАҒЫШ** сын. **1.** *Ыдырап кеткіш, сетінегіш.* **2.** ауыс. *Тез тозғыш, әлжуаз, әлсіз.*

**ЫДЫРАҒЫШТЫҚ** зат. *Ыдырай бергіштік, сетінегіштік, тез тозғыштық.*

**ЫДЫРАЙ-ЫДЫРАЙ** үст. *Сейіле-сейіле, сирей-сирей.*

**ЫДЫРАМА: ыдырама дене.** биол. <лат. corpus atreticum, лат. corpus – дене, грек. a – жоқ, trema – тесік> *Аналық жыныс безі – жұмыртқалықтағы фолликулдардың толық дамып жетілмей, кері ыдыраған түрі.*

**ЫДЫРАҢҚЫ** сын. **1.** *Сирек, шашыраңқы.* **2.** ауыс. *Бытыраңқы, бірауызды емес.*

**ЫДЫРАҢҚЫЛАУ** сын. *Сиректеу, алшақтау.*

**ЫДЫРАҢҚЫЛЫҚ** зат. **1.** *Шашыраңқылық, сиректік.* **2.** *Бытыраңқылық, алауыздық.*

**ЫДЫРАП-ЫДЫРАП** үст. *Сейіліп-сейіліп, сирей-сирей.*

**ЫДЫРАС=** ет. *Тарасу, жан-жаққа кетісу.*

**ЫДЫРАСУ** *Ыдырас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫДЫРАТ=** ет. **1.** *Ұсақтату, бөлшектету.* **2.** ауыс. *Алауыз қылу, бытырату.* **3.** ауыс. *Шырқын бұзу, бүлдіру.* **4.** *Сейілту, тарату.*

**ЫДЫРАТҚЫШ** зат. тех. *Бір нәрсені ыдырататын зат.*

**ЫДЫРАТУ** *Ыдырат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тарқату, тарату.* **2.** ауыс. *Бытыраңқы, алауыз қылу.*

**Ыдырату әлеуеті**. экол. *Табиғи аумақтың және акваторияның табиғи және антропогендік заттектерді (қоқыстар мен қалдықтарды) шірі-*

*түге және олардың тіршілікке өзі ыдырамай зиянды әсерін жоюға қабілеттілігі.*

**ЫДЫРАТУШЫ** з а т. к і т. *Бір нәрсені ұсақтаушы, таратушы, сейілтуші.*

**ЫДЫРАТУШЫЛАР** з а т. б и о л. <лат. reducentis> *Органикалық заттектерді ыдыратып, оларды басқа ағзалар сіңіре алатындай бейорганикалық, заттектерге айналдыратын ағзалар.*

**ЫДЫРАТУШЫ-АҒЗАЛАР** з а т. б и о л. ***Ыдыратушылар.***

**ЫДЫРАТЫЛ=** е т. *Бөлшектендірілу.*

**ЫДЫРАТЫЛУ** *Ыдыратыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫДЫРАУ**[1] з а т. **1.** ф и з. *Ядролардың нейтрондармен соқтығылануына негізделген атом ядросының бөлшектену үдерісі.* **2.** х и м. *Материалдың аса берік тепе-теңдік күйіне көшуіне мүмкіндік беретін, жаңа зоналар мен фазалардың туындауына негіз болатын аса қаныққан ерітінділердің біркелкілігі мен құрамының өзгерісі.*

**ЫДЫРАУ**[2] *Ыдыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Іру, бөлініп-бөлініп кету; бөлшектену.* **2.** *Таралу; тарау.* **3.** а у ы с. *Бүліну, бұзылу.*

**Ыдырау кернеуі.** х и м. *Электролиз үдерісін жүргізу үшін электродтарға түсірілетін анодтық және катодтық реакциялардың потенциалдарының ең кіші айырымы.*

**ЫДЫРЫН=** е т. э к с п р. *Жайсыздығын білдіріп жұлқыну, жұлыну.*

**ЫДЫС** з а т. **1.** *Ішіне әртүрлі нәрселер салуға, ас-су құюға арналған тұрмыстық бұйымдар (қап, қалта, аяқ-табақ т.б.).* **2.** а у ы с. *Бір жаман қылық, теріс мінездің иесі болған адамға қатысты теңеу сөз.* **3.** э к о н. *Тара, тауарларды сақтауға, буып-түюге, орауға, тоғанақтауға және тасымалдауға арналған сыйымдылық.* **4.** с ө й л. *Шөлмек, бөтелке.*

**ЫДЫС-АЯҚ** з а т. *Ас ішуге, құюға арналған әртүрлі ыдыстар.*

**Ыдыс-аяқ сыңғырлады**. *Ерлі-зайыптылар арасында келіспеушілік болды, отбасында ұрыс-керіс шықты.*

**ЫДЫС-НАУАЛАР** з а т. *Мал жем-суына арналған үлкен ыдыстар жиынтығы.*

**ЫДЫСША**[1] з а т. м е д. *Жатыр сүйелшелері, карункула кірмелерімен байланысып, ұрық жолдасын түзетін, сыртқы ұрық қабығы – хорион бүрлерінің топтаса орналасқан бөлігі.*

**ЫДЫСША**[2] ү с т. *Ыдыс сияқтанып, ыдыс тәрізденіп.*

**ЫЖ** е л і к. *Су қайнағанда шығатын дыбысқа ұқсас қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

**ЫЖДАҒАТ** [ар. اجتهاد] з а т. **1.** д і н и. *Діндар адамның діни-құқықтық мәселелерді зерттеп, оның мәнін тану жолындағы қызметі, осы зерттеу барысында пайдаланған негіздер, дәлелдемелер, әдістер мен тәсілдер жүйесі; ғұламаның діни-құқықтық нұсқаларды білудегі, талдаудағы және түсіндірудегі біліктілік дәрежесі.* **2.** а у ы с. *Ынта-жігер, ықылас.*

**Ыждағат етті [қылды].** *Талпынды, ынталанды, бар ынтасын салды.*

**ЫЖДАҒАТПЕН** ү с т. *Жанын салып, бар ынтасымен.*

**ЫЖДАҒАТТА=** е т. *Бар ынтасымен, тиянақтап жасау.*

**ЫЖДАҒАТТАП** ү с т. *Ыждағатпен, ықыласынтасымен.*

**ЫЖДАҒАТТАУ** *Ыждағатта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЖДАҒАТТЫ** с ы н. *Ықыласты, ынталы.*

**ЫЖДАҒАТТЫЛЫҚ** з а т. *Ықыластылық, ынталылық.*

**Ыждағаттылық танытты.** *Мұқият тексерді, ыждағатпен қарады.*

**ЫЖДИЯТ** з а т. е с к і к і т. ***Ыждағат.***

**ЫЖЫ-ҒЫЖЫ** с ы н. ж е р г. *Ығы-жығы.*

**ЫЖЫЛ** з а т. *Су қайнағанда шығатын дыбыс.*

**ЫЖЫЛДА=** е т. *Ыжылдаған дыбыс шығару.*

**ЫЗ** е л і к. *Сүзіліп шыққан жіңішке дыбысты білдіретін сөз.*

**Ыз етті.** *Ыз еткен дыбыс шығарды, ызылдады.*

**ЫЗ=** е т. *Әртүрлі мата қиындыларын жіңішкелеп бүріп тігу, ширатып шыжымбау жасау.*

**ЫЗА**[1] з а т. **1.** *Қатты қысқан ашу, қайнаған қыжыл.* **2.** *Адамның бойындағы қатты ашулану, кектенуден болатын жағымсыз сезім.*

**Ыза басты.** *Ашуға булықты, қатты ашудан күйіп-жанды.* **Ыза болды**. *Қатты ашуланды, қыжылы қайнады.* **Ыза буды.** *Ызасы келді, ызаланды, долданды.* **Ызаға [ызадан] булықты [толды].** *Ашу ішін кернеді.* **Ызадан жарылардай.** б е й н. *Қатты ашуланған, булыққан.* **Ыза кернеді [қысты].** *Ашудан жарылып кете жаздады, булықты.* **Ыза көрсетті.** *Қаһарына, кәріне мінді, қатуланды.* **Ыза қылды [етті].** *Қыжылына тиді, ашындырды.* **Ызасы келді [қайнады].** *Ашуы қозды, жыны ұстады.* **Ызасын келтірді.** *Ашуландырды, қыжылына тиді.* **Ызасы өтті [батты].** *Қылығы жанына батты, қорлығы өтті.* **Ыза тудырды.** *Ашуын келтірді.* **Ыза шашты.** *Ашуланды, ашуын, ызасын жанындағыларға көрсетті.* **Ыза шекті**. *Қорлық көрді, азап шекті, тақсыретін тартты.* **Ыза шықты**. *Өкініш, қайғыреніш туды.*

**ЫЗА**[2] з а т. **1.** *Жер астынан шығатын ылғал, су.* **2.** ж е р г. *Суы таяздан шығарылған құдықтың түрі.*

**Ыза соқты.** *Сыз өтті, су шықты.* **Ыза су.** а) *Жер астынан, таяздан шығатын су.* ә) с у ш а р. *Жер бетінен төмен бірінші орналасқан тұрақты сулы қабаттағы тегеурінсіз жерасты суы.* **Ыза су ағыны.** с у ш а р. *Қысымсыз ағатынсу сақтағыш көкжиек.* **Ыза су беті.** с у ш а р. *Ыза су айнасы, түсетін қысымның шамасы атмосфералық қысымға тең ыза сулардың беті (жоғарғы шекарасы).* **Ыза су деңгейін реттеу.** с у ш а р. *Жерасты суларының деңгейін мелиорациялық шараларды жүзеге асыру арқылы жасанды түрде өзгерту әдісі.* **Ыза су қозғалысы.** с у ш а р. *Жер астының су жүргізетін қабаты мен аэрациялық аумағы. Су көтерілді.* **Ызасы көтерілді.** с ө й л. **Ызасы қайнады.** *Ашуға булығып, күйіп кетті.* **Ызасы өтті.** *Қорлық, зәбір, зорлық-зомбылық көрді, тізесі батты.*

**ЫЗА**[3] з а т. *Суы бетіне шығып жататын ойпаң, сызды, дымқыл жер.*

**ЫЗА-АШУ** с ы н. *Қатулық пен қаһар.*

**Ыза-ашу кернеді.** *Ашуы қысты, қаһарына іштей булықты.* **Ыза-ашу қосты.** *Ашуландыра түсті.* **Ыза-ашуы келді.** *Жыны ұстады, қатты ашуланды.*

**ЫЗА-АШУЛЫ** с ы н. *Қаһарлы, ашуы келген.*

**ЫЗАДАЙ** с ы н. *Ыза сияқты.*

**ЫЗА-ЖЫР** з а т. о к к а з. *Жауға қарсы жігерлендіретін кекті өлең.*

**ЫЗА-КЕК** з а т. *Қайнаған ашу, өшпенділік.*

**Ыза-кек кернеді [қайнады].** *Өшпенділік пен ашу ішін кернеді, өштігі мен қаһарына булықты.*

**ЫЗА-КЕКТІ** с ы н. *Өшігіп жауласқан, тісін қайраған, ашулы.*

**ЫЗАҚ: ызақ құм.** *Құмы сусымалы, созылып жатқан шөлді жер.*

**ЫЗА-ҚАЙҒЫ** з а т. *Қатты ашу мен уайым.*

**ЫЗА-ҚАҺАР** з а т. *Ашу мен қатулық.*

**ЫЗАҚОР** с ы н. *Тез ашуланатын, шамшыл (адам).*

**ЫЗАҚОРЛАН=** е т. *Тез ашулану, ызалану.*

**ЫЗАҚОРЛАНУ** *Ызақорлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗАҚОРЛЫҚ** з а т. *Ашу қысушылық, қызарақтаушылық.*

**ЫЗА-ҚЫЖЫЛ** з а т. *Ашу мен іштегі қыжыл.*

**ЫЗАЛА=** е т. *Дымқылдану; жылғалану.*

**ЫЗАЛАН=** е т. *Ыза болу.*

**ЫЗАЛАНДЫР=** е т. *Ашуландыру, ызасын келтіру.*

**ЫЗАЛАНДЫРУ** *Ызаландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗАЛАНДЫРУШЫЛЫҚ** з а т. *Ашуландырушылық, шамына тиюшілік.*

**ЫЗАЛАНУ** *Ызалан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗАЛАНЫС=** е т. *Ашуланысу.*

**ЫЗАЛАНЫСУ** *Ызаланыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗАЛА=** е т. е г і н ш а р. *Дымқылдау.*

**ЫЗАЛАТЫП** ү с т. е г і н ш а р. *Ыза суымен, ыза суы арқылы.*

**ЫЗАЛАУ** с ы н. ж е р г. *Дымқылдау.*

**ЫЗАЛАУ** е г і н ш а р. *Ызала етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗАЛЫ**[1] с ы н. *Ашу-ыза қысқан, кекті.*

**Ызалы жер.** ж е р г. *Сулы, шабынды жер.* **Ызалы жүрек, долы қол.** п о э т. *Ащы тілмен шындықты айту туралы.*

**ЫЗАЛЫ**[2] с ы н. с у ш а р. *Сызды, дымқылдау.*

**ЫЗАЛЫ** с ы н. ж е р г. *Сызды, дымқылды.*

**ЫЗАЛЫҚ** з а т. *Ыза болушылық, ашулық.*

**ЫЗА-НАЗА** з а т. **1.** *Сазды, ылғалды, жайлы жер.* **2.** а у ы с. *Маңыз-мән, ішкі қуат.*

**ЫЗА-НАМЫС** з а т. *Ашу мен намыс.*

**ЫЗАСЫЗ**[1] с ы н. *Ашусыз, кексіз, зілсіз.*

**ЫЗАСЫЗ**[2] с ы н. *Сусыз.*

**ЫЗАСЫРЫҚ** з а т. к ө н е. *Ертеректегі білім беру сабақтары тәртібі бойынша білім алушы шәкіртті оқымағаны үшін жазалайтын шыбық.*

**Ызасырықтан өткізді.** а) *Ызасырықпен сабады.* ә) *Қатты сынға алды, әбден аямай сынады.*

**ЫЗАТ** з а т. г е о г р. *Қырат сияқты, бірақ төбесі жайпақтау келген жер бедері бөлігі.*

**ЫЗАТТЫ** с ы н. *Ызаты бар, ызаты көп.*

**ЫЗА-ШЕР** з а т. *Ашу мен кек, зар.*

**ЫЗА-ШУ** с ө й л. *Аза мен шу.*

**ЫЗА-ЫЗБАР** з а т. *Ашу, ыза, сес, айбат.*

**ЫЗБА** з а т. э т н. *Ызып жасалған бау.*

**ЫЗБАЙ** с ы н. *Жанжалқор, жылауық.*

**ЫЗБАЙЛА=** е т. *Ыздию, сызылу.*

**ЫЗБАЙЛАН=** е т. **1.** *Ауру-сырқаудан мазасы кету, беймаза болу.* **2.** *Созылу, сызылу.*

**ЫЗБАЙЛАН=** е т. ж е р г. *Сүле болып ауыру.*

**ЫЗБАЙЛАНУ** ж е р г. *Ызбайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗБАЙЛАНУ** *Ызбайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗБАЙЛЫ** с ы н. ж е р г. *Сыпайы, ибалы, әдепті.*

**ЫЗБАЙЛЫҚ** з а т. *Ибалық, сыпайылық.*

**ЫЗБАЙТЫ: ызбайты пеш.** з а т. *Ағаш үйге салынатын пеш түрі.*

**ЫЗБАЛА=** е т. *Сызылу, әдеп көрсету.*

**ЫЗБАН: ызбан ішік**. к ө н е. *Дөрекі матадан, кенептен т.б. жасалған сырткиім.*

**ЫЗБАР** з а т. *Ашу, сес, айбат.*

**ЫЗБАРЛА=** е т. *Салмақтау; сес көрсету.*

**ЫЗБАРЛАН=** е т. **1.** *Ызбар көрсету, сұстану.* **2.** а у ы с. *Сұрқай тарту, бұлттану.*

**ЫЗБАРЛАНУ** *Ызбарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗБАРЛАНЫҢҚЫРА=** е т. *Сұс көрсетіңкіреу, айбаттаныңқырау.*

**ЫЗБАРЛАНЫҢҚЫРАУ** *Ызбарланыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗБАРЛАУ** *Ызбарла етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗБАРЛЫ**[1] с ы н. *Ашулы, сұсты.*

**ЫЗБАРЛЫ**[2] с ы н. ж е р г. *Тұйық.*

**ЫЗБИКЕЛЕ=** е т. ж е р г. *Шабақ балықты көлденең кесіп-кесіп қою.*

**ЫЗБОЙКА** з а т. к ә с. *Балық сүзетін құрал.*

**ЫЗБОТ** о р. з а т. с ө й л. ***Взвод.***

**ЫЗБҰРАЙ** з а т. ж е р г. *Ер-тұрман.*

**ЫЗБҰТ** з а т. ж е р г. *Жөн-жосық, келбет.*

**ЫЗБЫРАЙ** з а т. ж е р г. *Аттың ер тұрманы.*

**ЫЗБЫРОЙ** [о р. сбруя] з а т. с ө й л. ***Ат жүгені.***

**ЫЗҒАН** с ы н. ж е р г. *Біріктірілген, құрастырылған.*

**ЫЗҒАР**[1] з а т. **1.** *Бет қаритын суық, ұскірік.* **2.** а у ы с. *Суық рай, ашу.*

**Ызғар соқты.** а) *Қатты суық денені қарып өтті.* ә) *Шашын ақ шалды; қартайды.* б) *Жанға батты, жайсыз болды.* **Ызғар шашты**. а) *Суық*

*ұрып тұрды.* ә) *Суық рай, ашу танытты.* б) *Қаһар төкті, ашуланып бетінен оты шықты.* **Ызғары қатты [суық].** *Қаһары күшті.*

**ЫЗҒАР[2]: ызғар су.** егіншар. *Мақта көтерілген соң берілетін бірінші су.*

**ЫЗҒАРЛАН=** ет. *Түсін суыту, сыздану; айбат шегу.*

**ЫЗҒАРЛАНУ** *Ызғарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒАРЛЫ** сын. **1.** *Қатты суық, аязды.* **2.** ауыс. *Суық райлы, қатал.*

**ЫЗҒАРСУ** сын. кәс. *Мақта көтерілген соң берілетін бірінші су.*

**ЫЗҒАРСЫЗ** сын. **1.** *Ызғары жоқ, аязсыз.* **2.** ауыс. *Жайдары, зілсіз.*

**ЫЗҒУ** *Ызғы етістігінің қимыл атауы; зулау, зымырау.*

**ЫЗҒЫ=** ет. **1.** *Жүйтки жөнелу, зымырау.* **2.** *Суық жел есу, желдету.* **3.** жерг. *Мыңғыру, сыңсу.*

**ЫЗҒЫЗ=** ет. *Жүйткіту.*

**ЫЗҒЫЗУ** *Ызғыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫН=** сын. жерг. *Өте қалың, тығыз; көп.*

**ЫЗҒЫНДА=** ет. *Ызғып суық жел есу, ұскіріктеу.*

**ЫЗҒЫНДАЙ** сын. *Қалың, көп, нөпір.*

**ЫЗҒЫНДАУ** *Ызғында етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫР=** ет. *Үйіре соғу, ұру.*

**Ызғыр жел.** *Үйіре соққан жел.*

**ЫЗҒЫРТ=** ет. *Үйіре соқтырту.*

**ЫЗҒЫРТУ** *Ызғырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫРУ** *Ызғыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫРЫҚ** зат. *Баяулау есетін, суық жел.*

**Ызғырық боран.** *Өңменнен өтер ызғарлы боран.* **Ызғырық жел.** *Ызғарлы, суық жел.* **Ызғырық [жел, суық] өңменінен өтті.** *Қатты тоңды, мұздады.*

**ЫЗҒЫРЫҚТА=** ет. *Ызғырық жел соғу.*

**ЫЗҒЫРЫҚТАН=** ет. *Ызғырық соғу, суыту.*

**ЫЗҒЫРЫҚТАНУ** *Ызғырықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫРЫҚТАУ[1]** сын. *Аздаған ызғырық желі бар.*

**ЫЗҒЫРЫҚТАУ[2]** *Ызғырықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫТ=** ет. *Жүйтку; ұйіріп соғу.*

**ЫЗҒЫТУ** *Ызғыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗҒЫТЫП-ЫЗҒЫТЫП** үст. *Үдетіп-үдетіп, зуылдатып-зуылдатып.*

**ЫЗДАН=** ет. экспр. *Өкіну.*

**ЫЗДАНУ** *Ыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗДИ=** ет. *Барын киіп, байлауышын салу, шікірейіп сәнді киіну.*

**ЫЗДЫР=** ет. *Сыдыру, сырғызу.*

**ЫЗДЫРТ=** ет. *Сыдырту, сырғызу.*

**ЫЗДЫРТУ** *Ыздырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗДЫРУ** *Ыздыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗНАК** [ор. знак] зат. *Белгі.*

**ЫЗУ** *Ыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗУ-ШУЛЫ** сын. *Ызыңдаған, шулаған.*

**ЫЗ-ЫЗ** елік. *Сүзіліп жіңішке шыққан қайталама дыбысты білдіретін сөз.*

**ЫЗЫ-ҚАЙҚЫ** зат. *У-шу.*

**ЫЗЫ-ҚИҚУ** елік. *У-шу, азан-қазан.*

**ЫЗЫ-ҚИҚЫ** елік. сөйл. ***Ызы-қиқу.***

**ЫЗЫҚУ** зат. жерг. *Тал-тал болып таулы жерге шығатын өсімдік.*

**ЫЗЫЛ** зат. *Сона, маса, т.б. ызыңдап шығаратын дыбысы, үні.*

**ЫЗЫЛ[1]=** ет. сөйл. ***Сызылу.***

**ЫЗЫЛ[2]=** ет. *Бүріп тігілу.*

**ЫЗЫЛДА** ет. *Ыз-ыз еткен дыбыс шығару.*

**ЫЗЫЛДАҚ** сын. *Ызылдай беретін, ызылдауық.*

**Ызылдақ шыбын.** зат. <лат. syrphidae> *Түрқы 5–15 мм, ірілері 25 мм-ге дейін болатын қосқанатты насекомдардың бір тұқымдасы.*

**ЫЗЫЛДАТ=** ет. *Ыз-ыз еткен дыбыс шығарту.*

**ЫЗЫЛДАТУ** *Ызылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫЛДАУЫҚ** сын. *Ызылдай беретін, ызылдақ.*

**ЫЗЫЛУ** *Ызыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫМ-ҚАЙЫМ** үст. сөйл. ***Ізім-қайым.***

**ЫЗЫНДЫ** сын. жерг. ***Ызғын.***

**ЫЗЫҢ** елік. *Ыз еткен ұзақ шыққан ұн, ызылды білдіретін сөз.*

**ЫЗЫҢДА=** ет. **1.** *Ыз-ыз еткен дыбыс шығару, ызылдау.* **2.** ауыс. *Қайта-қайта айтып мезі қылу, сөйлей беру.*

**ЫЗЫҢДАС=** ет. *Ыз-ыз еткен дыбыс шығарысу.*

**ЫЗЫҢДАСУ** *Ызыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫҢДАТ=** ет. *Ыз-ыз еткізу.*

**ЫЗЫҢДАТҚЫЗ=** ет. *Ыз-ыз еткіздіру.*

**ЫЗЫҢДАТҚЫЗУ** *Ызыңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫҢДАТУ** *Ызыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫҢДАУ** *Ызыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЗЫҢДЫ** сын. *Ызыңдаған дыбыс шығаратын, сыңғырлы.*

**ЫЗЫҢСЫЗ** сын. *Ызың еткен дыбыссыз.*

**ЫЗЫҢ-ШУ** зат. *Ызыңдау, у-шу болу.*

**ЫЗЫҢШЫЛ** сын. *Ызыңдай беретін, ызыңдағыш.*

**ЫЗЫҢ-ЫЗЫҢ** елік. *Қайта-қайта ызыңдаудан шығатын дыбыс, ызыл.*

**ЫЗЫҢ-ЫЗЫҢДАП** үст. *Қайта-қайта ызыңдап.*

**ЫЗЫТ** зат. жерг. *Ыза, ашу.*

**ЫЗЫ-ШУ** елік. *У да шу, азан-қазан.*

**ЫЙЛА** зат. жерг. ***Айла.***

**ЫҚ** зат. **1.** *Үйдің, қораның, өскен ағаштың т.б. желден, жауыннан қағаберіс ықтасын жағы, қалқасы.* **2.** ауыс. *Жағдаят; ыңғай.*

**Ығы жоқ.** *Ебедейсіз, қырсыз.* **Ығы келді.** *Жағдайы жасалды, шабытына дөп келді, ыңғайы түсті.* **Ығына жығылды [көшті].** *Біреудің айтқанына көнді, ыңғайына көшті.* **Ығын есті.** *Тынышын бұзды, панасын бүлдірді.* **Ығын тапты.** а) *Орнын тапты, паналады.* ә) *Ретін тапты, ыңғайын, ебін тапты.* **Ық беткей.** геогр. *Кез келген орографиялық кедергінің (мысалы, тау жотасы, төбе) басым жел жақтағы беткейіне қарама-қарсы ық жақтағы беткейі.* **Ық болды.** *Пана болды.*

**ЫҚ=** ет. **1.** *Жауын-шашында, қатты боранда малдың (қой мен жылқы) өз орнынан ауа көшуі, ық іздеп кетуі.* **2.** *Балық аулау кезінде, жарылған мұз үстінде су ағынымен кету.* **3.** ауыс. *Жасқану, қаймығу, тайқу.*

**ЫҚЗАР** сын. *Риза, ырза.*

**ЫҚҚЫШ** сын. *Ыға бергіш.*

**ЫҚПА** сын. *Ығатын, ыға қозғалатын.*

**Ықпа мұз.** геол. *Ығу жағдайында немесе уақытша тоқтап, бірақ қозғалмайтын мұзбен бірігіп қатпаған мұхиттағы, теңіздегі, көлдегі, бөгендегі қалқыған мұз.* **Ықпа стансылар.** геол. *Арктикалық алапта метеорологиялық, гляциологиялық, океанографиялық және геофизикалық байқаулар жүргізу үшін қалқыма мұздарда арнайы құрылған ғылыми-зерттеу стансалары.*

**ЫҚПАЛ[1]** зат. **1.** *Бір құбылыстың, оқиғаның, жағдайдың адамға немесе құбылысқа, не бір заттың екінші бір затқа ететін әсері.* **2.** *Адамның келесі бір адамға әсері, ырқы.*

**Ықпал етті.** *Әсерін тигізді, себепкер болды.* **Ықпалына түсті.** *Айтқанын істеді, ыңғайына көнді.* **Ықпалы тиді.** *Әсер етті, ықпал етті.*

**ЫҚПАЛ[2]** зат. көне. *Қалау, тілеу, тілек.*

**ЫҚПАЛДАС** сын. *Әсерлес, әрекеттес.*

**ЫҚПАЛДАС=** ет. *Өзара әрекеттесу.*

**ЫҚПАЛДАСТЫҚ** зат. жаңа. *Өзара әсерлестік, әрекеттестік.*

**ЫҚПАЛДАСТЫР=** ет. *Өзара әрекеттестіру.*

**ЫҚПАЛДАСТЫРУ** *Ықпалдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚПАЛДАСУ** *Ықпалдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚПАЛДЫ** сын. *Беделі күшті, ықпалы зор.*

**Ықпалды топ.** *Халық арасында беделі бар топ.*

**ЫҚПАЛДЫЛЫҚ** зат. *Әсері, ықпалы барлық.*

**ЫҚПАЛДЫРАҚ** сын. *Әсер, ықпалы көбірек, беделдірек.*

**ЫҚПАН** зат. көне. *Соңы, нәтижесі.*

**ЫҚПАНА** зат. жерг. *Жел жағынан ық болу үшін салынған қалқан қора.*

**ЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ** зат. *Үңгыл-шұңғыл, сай-жыра.*

**ЫҚРАР** зат. сөйл. ***Ықырар.***

**ЫҚСАН** зат. көне. *Жәрдем, жақсылық, шарапат.*

**ЫҚСЫР=** ет. сөйл. ***Тықсыр.***

**ЫҚСЫРУ** *Ықсыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТА=** ет. *Қатты бораннан, аяздан, т.б. қорғанып, таса жерге тығылу, қалқаға паналау.*

**ЫҚТАДАР** зат. діни. *Ислам діндегі салық төлеу мен пайдалану шарттары.*

**ЫҚТАН=** ет. сөйл. *Бағдарлау, тұспалдау.*

**ЫҚТАНУ** *Ықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТАҢҚЫРА=** ет. *Ыққа қарай тасаланыңқырау, қалқаланыңқырау.*

**ЫҚТАҢҚЫРАУ** *Ықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТАС=** ет. *Ыққа паналасу.*

**ЫҚТАСУ** *Ықтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТАСЫН** зат. **1.** *Қалқасы бар, ықтау жер.* **2.** *Малды қатты желден, қарлы бораннан қорғап тұратын құрылыс.*

**ЫҚТАСЫНДАУ** сын. *Қағаберістеу, қалқалау.*

**ЫҚТАСЫНДЫ** сын. *Ықтасыны бар, қалқалау.*

**ЫҚТАСЫНСЫЗ** сын. *Қалқа-панасы жоқ, далдасыз.*

**ЫҚТАТ=** ет. *Ықты паналату.*

**ЫҚТАТУ** *Ықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТАУ[1]** сын. *Ықтасыны бар, қалқалау.*

**ЫҚТАУ[2]** *Ықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТИҚАТ** зат. діни. *Шыдам, төзім.*

**ЫҚТИМАЛ** үст. *Мүмкін. // Мүмкіндік, болу, болмауы белгісіз нәрсе.*

**Ықтимал радиустық ауытқу.** әск. *Ракетаның ұшырылу дәлдігінің мөлшері.*

**ЫҚТИМАЛДАНДЫР=** ет. кіт. *Мүмкін ету, болғызу.*

**ЫҚТИМАЛДАНДЫРУ** *Ықтималдандыру етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТИМАЛДАУ** сын. *Мүмкіндеу, лажы келетіндеу.*

**ЫҚТИМАЛДЫҚ** зат. **1.** *Бір нәрсені жүзеге асырудың объективтік мүмкіндігі, жүзеге асырылу деңгейі.* **2.** мат. *Математикада анықталған шарттарда саны шексіз рет қайталама алатын қандай да болмасын белгілі бір оқиғаның пайда болуының мүмкіндік дәрежесінің сандық сипаттамасы.*

**Ықтималдық логика**. филос. *Ықтималды сөйлемдерді зерттейтін ілім.* **Ықтималдық теориясы**. мат. *Кездейсоқ бір оқиғаның ықтималдығы бойынша онымен қандай да бір байланысты болатын басқа бір кездейсоқ оқиғаның ықтималдығын анықтауға мүмкіндік беретін математикалық ғылым.*

**ЫҚТИСАТ** зат. экон. ***Үнемиет.*** **1.** *Белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияның өндірістік қатынастарының жиынтығы.* **2.** *Ауданның, елдің, елдер тобы немесе бүкіл әлемнің шаруашылығы.* **3.** *Материалдық өндіріс саласы мен бейөндірістік саланы қамтитын халық шаруашылығы.* **4.** *Ел немесе оның жекелеген аймақтары шаруашылығының секторлары (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қызметтер көрсету) мен салаларын зерделеумен айналысатын ғылым.*

**ЫҚТИҺАТ** [ар. اعتقاد ] зат. көне. *Ниет етушілік.*

**ЫҚТИЯР** [ар. اختيار ] зат. *Әр адамға тән ерік, қалау.*

**Ықтиярға қоймады.** *Ерік бермеді, ыңғайына*

*көндірді.* **Ықтиярды өзіне салды.** *Ерікті өзіне берді.* **Ықтияр етті.** жерг. *Рұқсат берді.* **Ықтияры бар.** *Ерікті, бостан.* **Ықтияры жоқ [болмады].** *Еріксіз, өз еркі өзінде емес, біреуге бағыныныпты.* **Ықтияры өзінде.** *Өз еркі өзінде, еркі өз қолында.*

**ЫҚТИЯР-ЕРІК** зат. *Өз қалауы, жеке ынтасы.*

**ЫҚТИЯРЛЫ** сын. *Өз ықтияры бар, ерікті.*

**ЫҚТИЯРЛЫҚ** зат. *Рұқсат, еріктілік, қалау.*

**ЫҚТИЯРСЫЗ** сын. **1.** *Амалсыз, еріксіз.* **2.** *Жеке басы қалауы жоқ, өзінің дегеніндей жасай алмайтын. // Еріксіз, күштеп. // Еріктен тыс, қалауына бағынбай, өздігінен.*

**ЫҚТИЯРСЫЗДЫҚ** зат. *Ықтияры, еркі жоқтық, тәуелділік.*

**ЫҚТИЯРХАТ** зат. ресми. *Белгілі бір жағдайда заң шеңберіне сәйкес ерікті қимыл-әрекетке рұқсат беретін құжат.*

**ЫҚТИЯРЫМЕН** үст. *Ерікті түрде, күштеусіз.*

**ЫҚТИЯТ** [ар. احتياط] сын. *Алды-артын аңғарып істейтін, жинақы, ұқыпты.*

**Ықтият бол!** тілек. *Алды-артыңды ойланып істе, ұқыпты бол деген мағынада.* **Ықтият етпеді.** *Рұқсат етпеді, мүмкіндік бермеді.*

**ЫҚТИЯТТА=** ет. *Ұқыптау, тәптіштеу, ұқыпты ұстау.*

**ЫҚТИЯТТАУ** *Ықтиятта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТИЯТТЫ** сын. *Іске ұқыпты, жинақы.*

**ЫҚТИЯТТЫЛЫҚ** зат. *Ұқыптылық, жинақылық.*

**ЫҚТЫН[1]** зат. сөйл. ***Ықтасын.***

**ЫҚТЫН[2]** зат. жерг. *Суырылған бидайдың ығына түскен ұсағы.*

**ЫҚТЫНДЫ** сын. *Ығы, панасы бар.*

**ЫҚТЫР=** ет. **1.** *Қатты соққан желдің ығына, бағытына қарай бұрып әкетуі.* **2.** ауыс. *Ығына жығу, өз дегенін істеу.*

**ЫҚТЫРМА[1]** зат. **1.** *Бораннан, желден малды қорғау үшін жасалған қалтарыс, қалқа, ықтасын.* **2.** егіншар. *Көкөніс дақылдары, басқа да өсімдік өскен алқапқа екпе өсімдіктерді ыстық желден, құрғақшылықтан қорғау үшін жолақтап, таспалап егілетін биік сабақ ты өсімдіктер (күнбағыс, жүгері, қыша т.с.с.).*

**ЫҚТЫРМА[2]** зат. геогр. *Бірімен-бірі қабысқан, не сүйір бұрыш жасайтын ұзына бойы созылған тау жоталарының параллель бөлшектеніп орналасуы.*

**ЫҚТЫРМАЛА=** ет. *Пана тұту, қалқа көру; ықтырманы пайдалану.*

**ЫҚТЫРМАЛАУ** *Ықтырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТЫРМАЛЫ** сын. *Ықтырмасы бар, ықтасынды.*

**Ықтырмалы сүрі жер.** *Егісті құрғақшылықтан сақтау үшін, қыста қар тоқтату үшін биік сабақты өсімдіктер әр жерден жолақтап егілетін таза танап.*

**ЫҚТЫРУ** *Ықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚТЫРЫҢҚЫРА=** ет. *Ықтыра түсіріңкіреу, бұқтырыңқырау.*

**ЫҚТЫРЫҢҚЫРАУ** *Ықтырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚШАМ** сын. **1.** *Көлемі шағын, жинақы.* **2.** *Ыңғайлы, жеңіл, шақ.*

**Ықшам компьютер.** инф. <ағыл. portable computer; laptop> *Жасалу құрылымы көлікпен немесе тұтынушының өзі алып жүруге қолайлы шағын компьютер.*

**ЫҚШАМАУДАН** зат. <грек. mikros – шағын, франц. rayon – аудан> *Көлік магистральдары жақын орналасқан, тұрғындардың мәдени-тұрмыстық қызметтерге сұранымын өтеуге арналған мекемелері бар тұрғын үйлер кешені; микроаудан.*

**ЫҚШАМАУДАНДЫҚ** сын. *Ықшамауданға қатысты.*

**ЫҚШАМДА=** ет. *Бір нәрсенің көлемін қысқарту, шағындау.*

**ЫҚШАМДАЛ=** ет. *Көлемі қысқару, жинақталу, шағындалу.*

**ЫҚШАМДАЛУ** *Ықшамдал етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚШАМДАН=** ет. *Ықшам, жинақы болу, көлемі қысқару.*

**ЫҚШАМДАНУ** *Ықшамдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚШАМДАТ=** ет. *Ықшам еткізу, көлемін қысқарту.*

**ЫҚШАМДАТУ** *Ықшамдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚШАМДАУ[1]** сын. *Көлемі шағындау, ықшамды; кішілеу.*

**ЫҚШАМДАУ[2]** *Ықшамда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің көлемін қысқарту, шағындау.* **2.** лингв. *Сөзжасам тәсілдерінің бірі.*

**ЫҚШАМДЫ** сын. *Үлкен де, кіші де емес, шап-шағын, лайық.*

**ЫҚШАМДЫҚ** зат. *Көлемі шағын болу, жинақылық.*

**ЫҚШАМДЫЛЫҚ** зат. **1.** *Шап-шақтық, лайықтық, жинақылық.* **2.** әдеб. *Ойды мейлінше тұжырымды етіп, аз сөзбен айтып жеткізушілік.*

**ЫҚШАМДЫРАҚ** сын. *Шағынырақ, жинақылау.*

**ЫҚШАМСЫЗ** сын. *Ықшамды, икемді емес, рабайсыз.*

**ЫҚШАМСЫЗДЫҚ** сын. *Ықшамы, икемі жоқтық.*

**ЫҚЫ** од. *Есекті жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

**ЫҚЫЛАС** [ар. اخلاص] зат. **1.** *Жақсы ниет, пиғыл.* **2.** *Зерде, ынта.* **3.** *Көңіл, назар.*

**Ықылас аударды.** *Ниет қойды, зейін қойды, көңіл бөлді.* **Ықылас бөлу.** *Көңіл аудару.* **Ықылас білдірді [етті].** *Ниет қылды, бейіл берді.* **Ықылас көрсетті [танытты].** *Сыйлады, құрметтеді.* **Ықылас қойды.** *Мән берді, көңіл аударды.* **Ықыласқа бөленді.** *Ілтипатын иеленді, ілтипатын алды.* **Ықылас салды.** *Зейін қойды, көңіл бөлді.* **Ықыласы ауды.** *Көңілі түсті.* **Ықыласын қайтарды.** *Айтылған ұсынысты, ұсынылған сыйды, көрсетілген сыйды қабылдамады.* **Ықыласы түзу.** *Ниеті дұрыс, көңілі ақ.*

**ЫҚЫЛАС-НИЕТ** зат. *Ынта-зейін, көңіл, бейіл.*

**ЫҚЫЛАССЫЗ** сын. **1.** *Шын бейілсіз, көңілсіз.* **2.** *Еріксіз, сылбыр.*

**ЫҚЫЛАССЫЗДАУ** сын. *Ықыласы жоқтау, самарқаулау.*

**ЫҚЫЛАССЫЗДЫҚ** зат. *Ықыласы жоқтық, бейілсіздік.*

**ЫҚЫЛАСТА=** ет. *Көңіл аулау, ықылас-ынтасын арттыру, ынталандыру.*

**ЫҚЫЛАСТАН=** ет. *Көңілі түсу, мейірлену.*

**ЫҚЫЛАСТАНДЫР=** ет. *Ынталандыру, қызықтыру.*

**ЫҚЫЛАСТАНДЫРУ** *Ықыластандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚЫЛАСТАНУ** *Ықыластан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚЫЛАСТЫ** сын. **1.** *Ықылас-мейірі бар, бейілді.* **2.** *Ынталы, зейінді.*

**ЫҚЫЛАСТЫҚ** зат. *Ерекше көңіл, ынталық, жақсыниеттілік.*

**Ықыластық [ықылас] білдірді.** *Оң қарады, көңілінен шыққанын, жақсы қатынасын көрсетті, сездірді.*

**ЫҚЫЛАСТЫЛЫҚ** зат. *Ықылас қоюшылық, көңілмен, зейінмен істеушілік.*

**ЫҚЫЛАС-ЫНТА** зат. *Шынайы ықылас, бар көңіл.*

**ЫҚЫЛАС-ІЛТИПАТ** зат. *Мейір-шапағат, ықылас-ниет.*

**ЫҚЫЛЫҚ** зат. *Кеуде қуысындағы көк еттің жиырылуынан, іштен еріксіз шығатын ұздік-ұздік дыбыс.*

**Ықылық атты.** а) *Ықылықтады.* ә) *Аузы-мұрнынан шыққанша ішті, тойды.* б) *Болып-толды, кемеліне келді, толысты.* в) *Өмірінің соңғы минутында жатқан кісінің жанталасып ыңқылдауы; иек қақты, жан тапсырды.* г) *Қақалып-шашалды.* **Ықылық аттырды.** *Ішегі қатқанша күлдірді.* **Ықылық тиді.** *Ықылық атты, ықылықтады.*

**ЫҚЫЛЫҚТА=** ет. *Ықылық тию, ық-ық деп дыбыс шығару.*

**ЫҚЫЛЫҚТАТ=** ет. *Ықылық аттыру.*

**ЫҚЫЛЫҚТАТУ** *Ықылықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚЫЛЫҚТАУ** *Ықылықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҚЫЛЫМ** [ар. اقليم] зат. *Ел-жұрт; мемлекет.*

**Ықылым [бір ықылым, сан ықылым] заман.** *Неше жүз мың жылдық өткен уақыт; есте жоқ ескі заман, көне дәуір.* **Ықылым заман.** *Есте жоқ ерте дәуір.*

**ЫҚЫРАЖ** [ар. اخراج] зат. діни. *Мұсылман қауымындағы салықтың түрі.*

**ЫҚЫРАМ** зат. діни. *Қажылардың Меккедегі «әулие» саналатын қасиетті жеріне бару және онда киетін киімі (жамылғышы).*

**ЫҚЫРАР** [ар. اقرار] зат. *Мойынсұнғандық, көнгендік; ықтиярлылық.*

**Ықырар болды.** *Мойынсұнды, көнді.*

**ЫҚЫРАТ** [ар. قراط] зат. діни. *Жер салығы.*

**ЫҚЫРШАҚ** зат. жерг. ***Ыңыршақ.***

**ЫЛАЖ** зат. сөйл. ***Лаж*** *(амал, айла, мүмкіндік).*

**ЫЛАЖДА=** ет. сөйл. ***Лажда*** *(амалдау, айла тауып, ісін асыру).*

**ЫЛАЖСЫЗ** сын. сөйл. ***Лажсыз.***

**ЫЛАЖЫҚСЫЗ** сын. жерг. ***Лажсыз.***

**ЫЛАЙ** зат. сөйл. ***Лай.*** **1.** *Балшық.* **2.** сушар. *Мұхит, теңіз, көл, ағыны баяу өзен және жайылма айдындар түбінде жиылған, суға аса қаныққан және диагенез процестеріне шалынбаған аса ұсақ түйірлі тұнбалар.* **3.** ауыс. *Ауырпалық.*

**Ылай айдады.** *Ылай иледі, балшық жасады.*

**ЫЛАЙЛА=** ет. ***Лайла*** *(судың тұнық түбінің лайын шығару).*

**ЫЛАЙСАҢ** сын. сөйл. ***Лайсаң.***

**ЫЛАЙЫҚТЫ** сын. сөйл. ***Лайықты.***

**ЫЛАҢ** зат. сөйл. ***Лаң*** *(кесір, кесапат).*

**ЫЛАҢДА=** ет. сөйл. ***Лаңда.***

**ЫЛАТ** зат. ***Лат[2]*** *(былғаныш, лас).*

**ЫЛАТТАЙ** сын. *Былғаныштай, лас сияқты.*

**ЫЛАУ** зат. ***Лау*** *(құш көлігі).*

**ЫЛАУЛА=** ет. *Елден ат сұрап міну.*

**ЫЛБЫРА=** ет. **1.** *Әбден жұмсарып пісу, ылжырау.* **2.** ауыс. *Жай қимылдау, күйбеңдеу, болбырау.*

**ЫЛБЫРАТ=** ет. *Әбден жұмсартып пісіру, ылжырату.*

**ЫЛБЫРАТУ** *Ылбырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛБЫРАУ** *Ылбыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛҒА=** ет. сөйл. ***Талға*** *(таңдау, елеп-екшеу).*

**ЫЛҒАЛ[1]** зат. **1.** *Заттар құрамындағы су. // Құрамында суы мол, дымқыл (топырақ, ауа).* **2.** ауыс. *Көздің жасы.* **3.** ауыс. *Су, сусын деген мағынада.*

**Ылғал айналымы.** геогр. *Жер шарындағы су айналымы.* **Ылғал жабу.** *Жерді суарып, топырақты дымқылдау.* **Ылғал жабушы.** *Айдалатын жерге су жіберіп, ылғалдаушы.* **Ылғалдың жылыстауы.** сушар. *Топырақ қабатында ылғалдың гравитациялық жылжуы, өзгеруі.* **Ылғал жеткіліксіздігі.** геогр. *Ылғалдың ең мол таралған кезіндегі шамасы мен ауадағы нақтылы су буы мөлшері арасындағы айырма көрсеткішінің төмендігі.* **Ылғал қоры.** сушар. *Топырақтың егіс егер алдындағы белсенді қабаттарындағы есепке алынған ылғал мөлшері.* **Ылғал мөлшері.** хим. *Құрғақ газдың килограмына қатысты су буының килограмымен өрнектелген газ ылғалдығы.* **Ылғал өткізбеушілік.** геол. *Таужыныстың өзі арқылы ылғал өткізбеушілік қасиеті.* **Ылғал сыйымдылығы.** геол. *Тау жыныстарының белгілі мөлшерде су сіңіру және суды өз бойында сақтап қалу қабілеті.* **Ылғал тапшылығы.** сушар. *Қанығу тапшылығы, берілген*

*температура мен қысым жағдайында су буының қанықтығы мен іс жүзіндегі серпімділіктері арасындағы айырмашылық.*

**ЫЛҒАЛ**[2] з а т. ж е р г. *Мүкіс, кемістік.*

**ЫЛҒАЛАЙНАЛЫМ** з а т. с у ш а р. *Су айналымы; судың табиғаттағы жалпы айналымының бір бөлігі.*

**ЫЛҒАЛДА=** е т. *Ылғал араластыру, сулау, дымдау.*

**ЫЛҒАЛДАН=** е т. *Ылғал тарту, сулану, дымқылдану.*

**ЫЛҒАЛДАНҒЫШТЫҚ** з а т. к е н. *Кейбір заттардың ауадан су буларын өздігінен сіңіру қабілеті.*

**ЫЛҒАЛДАНДЫР=** е т. *Суландыру, дымқылдандыру, ылғалды ету.*

**Ылғалдандыра суару.** *Күзде немесе қыста суару арқылы топырақ ылғалдығын және су қорын арттыру.*

**ЫЛҒАЛДАНДЫРУ** *Ылғалдандыр етістігінің қимыл атауы.*

**Ылғалдандыру әдісі.** с у ш а р. *Топырақты ылғалды, дымқыл етудің жолдары.* **Ылғалдандыру нормасы.** с у ш а р. *Егін егілер алдында және егілу кезінде (көктемгі ылғалмен қанықтыру) және өсімдіктердің өніп-өсу, даму кезеңіндегі 1 гектар жерге берілетін қанықтырма су мөлшері.*

**ЫЛҒАЛДАНДЫРЫЛ=** е т. *Суландырылу, дымқылдандырылу.*

**ЫЛҒАЛДАНДЫРЫЛУ** *Ылғалдандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛҒАЛДАНУ** *Ылғалдан етістігінің қимыл атауы; заттың құрамындағы су мөлшерінің көбеюі.*

**Ылғалдану балансы.** с у ш а р. *Кез келген жерде белгілі бір уақыт ішіндегі жауын-шашын мен булану мөлшерінің арасындағы миллиметрмен өлшенетін айырма.* **Ылғалдану коэффициенті.** с у ш а р. *Белгілі бір кезеңде түсетін жауын-шашын мөлшерінің булану шамасына қатынасы.* **Ылғалдану теңдестігі.** с у ш а р. *Белгілі бір уақыт аралығында берілген аумаққа жауған жауын-шашын мен буланғыштық арасындағы айырма.* **Ылғалдану тереңдігі.** с у ш а р. *Топырақтың ылғалданған қабатының тереңдігі.*

**ЫЛҒАЛДАТҚЫШ** з а т. т е х. *Ылғал беретін, ылғалдап тұратын тетік.*

**ЫЛҒАЛДАУ**[1] с ы н. *Ылғал аралас, дымқылдау.*

**ЫЛҒАЛДАУ**[2] *Ылғалда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛҒАЛДАУЫШ** з а т. *Тұрғын үйлерде гигиеналық жағдайды жақсартуға,ауа ылғалдығын қамтамасыз етуге арналған аспап.*

**ЫЛҒАЛДЫ** с ы н. *Құрамында суы, ылғалы бар.*

**Ылғалды ауа.** г е о г р. *Белгілі бір температурада құрамындағы су буының мөлшері қанығу дәрежесіне жақын шамада болатын ауа.* **Ылғалды белдем.** г е о г р. *Жауын-шашын мөлшері мұхит бетінен буланатын мөлшерден артық болатын климаттық белдем.* **Ылғалды гангрена.** м е д. *Құрғақ гангренаға шіріткіш микробтар түсуінен пайда болатын тіннің өліеттенуі.* **Ылғалды климат.** г е о г р. *Тым ылғалды атыраптардың климаты; гумидтік климат.* **Ылғалды субтропиктік ормандар климаты.** г е о г р. *Қыста біршама жылы (ең суық деген айдың орташа температурасы 2°С-тан төмен емес), жазы ыстық, жауын-шашыны мол климат.* **Ылғалды тропиктік ормандар климаты.** *Жауын-шашыны жыл бойы біркелкі таралған, өте жылы ылғалды тропик (экваторлық) климаты.* **Ылғалды шөлдік климат.** г е о г р. а) *Ыстық шөлдерге сұғына орналасқан ішкі теңіздер (Қызыл теңіз, Парсы және Калифорния шығанақтары) климаты.* ә) *Суық ағыстардың немесе тереңдік сулардың мұхит бетіне жоғары көтерілуінің әсерінен пайда болатын жағалық климат.*

**ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ** з а т. т е р м. *Сулылық, дымқылдылық; материал ішіндегі ылғал мөлшері.*

**Ылғалдылығы жетімсіз зона.** г е о г р. *Атмосфералық жауын-шашын мөлшерінен булану мөлшері артық болатын құрлық бөлікшесі.* **Ылғалдылығы қалыпты зона.** г е о г р. *Аукымындағы атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері шамамен олардың булану мөлшеріне тең немесе одан артық болатын құрлық бөлікшесі.* **Ылғалдылығы тұрақсыз зона.** г е о г р. *Аукымында негізгі ауылшаруашылығы дақылдарын өсіруге қажетті жауын-шашын жыл сайын жаумайтын немесе құрғақ мезгіл болатын құрлық бетінің белдемшесі.* **Ылғалдылық индексі.** г е о г р. *Климат ылғалдылығының Im = (100s–60d)/n формуласымен өрнектелетін сандық сипаттамасы.* **Ылғалдылық мөлшері.** к е н. *Қатты зат құрамындағы ылғал мөлшерінің көрсеткіші.*

**ЫЛҒАЛӨЛШЕУІШ** з а т. т е х. *Газдардың, сұйықтардың, қатты денелердің ылғалдылығын өлшеуге арналған аспап.*

**ЫЛҒАЛСОРҒЫШ** з а т. т е х. *Ауадағы ылғалды оңай сіңіретін заттарды сақтауға және баяу кептіруге арналған зертханалық сауыт.*

**ЫЛҒАЛСЫЙЫМДЫЛЫҚ** з а т. х и м. *Таужыныстардың су молекулаларының шартты мөлшерін кіріктіру және өз бойында ұстап тұру мүмкіндігі.*

**ЫЛҒАЛСЫЗ** с ы н. **1.** *Ылғал, дымқылы жоқ, құрғақ.* **2.** а у ы с. *Таза, қоспасыз.*

**ЫЛҒАЛСЫЗДЫҚ** з а т. *Ылғалы жоқтық, құрғақтық.*

**ЫЛҒАЛТАРТҚЫШТЫҚ** з а т. с у ш а р. *Топырақтың қоршаған ауадағы су буларының молекулаларын өзінің уақ бөлшектеріне жинайтын қабілеті.*

**ЫЛҒАЛТҰРАҚТЫЛЫҚ** з а т. х и м. *Ылғал ауаның ұзақ әсерінен дененің бетін жапқан қабатының бүлінбеу қабілеті.*

**ЫЛҒАУ** *Ылға етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛҒИ** ү с т. *Әр уақытта, қашанда, үнемі.*

**ЫЛДИ**[1] з а т. *Өрдің, жотаның түсе берісі; еңіс.* // б е й н. *Бұл жерде ақын сараң адамды ылдиға теңеп отыр.*

**Ылдидың тіктігі.** г е о г р. *Ылди бағыты мен көкжиек жазықтығы арасында пайда болатын бұрыш.* **Ылди құлдилығы.** г е о г р. *Горизонталь жазықтық пен ылди бағыты арасындағы бұрыш.* **Ылдидан салса, төске озған.** *Қиыншылықты жеңіп шыққан.*

**ЫЛДИ**[2] з а т. ө с. ж е р г. *Өсімдік аты.*

**ЫЛДИЛА=** е т. *Биіктен төмен қарай түсу, еңістеу.*

**ЫЛДИЛАТ=** е т. *Ылдимен жүру, ылдиға түсу, еңістету.*

**ЫЛДИЛАТУ** *Ылдилат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛДИЛАУ**[1] с ы н. *Еңістеу, сайлау.*

**ЫЛДИЛАУ**[2] *Ылдила етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛДИЛЫ** с ы н. *Еңісті, сайлы.*

**ЫЛДИ-ӨР** з а т. *Жоғары-төмені, еңісі мен биігі.*

**ЫЛДИСЫЗ** с ы н. *Еңісі, ылдиы жоқ, жазық.*

**ЫЛДЫМ-ЖЫЛДЫМ** ү с т. *Тез, жылдам.*

**ЫЛДЫРМАҚ-СЫЛДЫРМАҚ** з а т. ж е р г. *Сақина-жүзік сияқты әшекей бұйымдар.*

**ЫЛЖЫРА=** е т. **1.** *Әбден мылжаланып, езілу.* **2.** а у ы с. ***Былжырау.***

**ЫЛЖЫРАТ=** е т. *Уылжыту, былбырату.*

**ЫЛЖЫРАТУ** *Ылжырат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛЖЫРАУ** *Ылжыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛП** е л і к. *Тез әрі епті көз ілестірмейтін қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ылп етті.** *Тез арада жасай қойды, көз ілестірмей қозғалды.*

**ЫЛПА** з а т. с ө й л. ***Лыпа.***

**ЫЛПУ** *Ылпы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛПЫ=** е т. с ө й л. ***Лыпы.***

**ЫЛПЫЛ**: **ылпыл қақты.** с ө й л. *Лыпыл қақты.*

**ЫЛПЫЛДА=** е т. **1.** *Ылдым-жылдым қимылдау, тез-тез қозғалу, лыпылдау.* **2.** а у ы с. *Өткір болу, қиып түсу.*

**ЫЛПЫЛДАТ=** е т. *Лыпылдату, ылдым-жылдам, тез-тез қозғалту.*

**ЫЛПЫЛДАТУ** *Ылпылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛПЫЛДАУ** *Ылпылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛП-ЫЛП** е л і к. *Көз ілестірмейтін тез әрі епті қайталанба қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ылп-ылп етті.** *Жылп-жылп етті; тез қимылдады.*

**ЫЛПЫҢ** з а т. *Ылп, ылп-ылп еткен қимыл қозғалыс.*

**Ылпың қақты**. *Қамшы салдырмады, жылдам басты, тез-тез жүрді.*

**ЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ** ү с т. *Ылдым-жылдым, тез-тез.*

**ЫЛТИПАТ** з а т. ***Ілтипат*** *(шын ниет, зейін, көңіл).*

**ЫЛЫҒУ** *Ылық етістігінің қимыл атауы.*

**ЫЛЫҚ=** е т. **1.** *Ит, қасқыр, тағы басқалардың үйірге түсуі, ұрықтануы.* **2.** а у ы с. *Желігу, елігу, еру.* **3.** а у ы с. *Нану, сену.*

**ЫЛЫҚТЫР=** е т. *Желіктіру, еліктіру.*

**ЫЛЫҚТЫРУ** *Ылықтыр етістігінің қимыл атауы; елірту, желіктіру.*

**ЫЛЫМ** з а т. ж е р г. *Ілім, ғылым.*

**ЫЛЫМ-ЖЫЛЫМ** с ы н. *Із-түзсіз, ылпың-жылпың.*

**ЫМ** з а т. *Басқа адамға айтпақ ойды дене мүшелерінің, бет-ауыздың қимылымен жеткізу, қолмен, көзбен берілетін дыбыссыз ишара, белгі.*

**Ым қақты [жасады, қылды].** *Ыммен, ишарамен сөйлесті; ишара етті, белгі білдірді.* **Ыммен сөйлеу.** п е д. *Естімейтін адамдардың өзіндік лексикалық және грамматикалық заңдылықтармен сипатталатын ымдау жүйелері арқылы тұлғааралық тілдесу әдісі.* **Ым тілі.** л и н г в. *Байланыс жүйесі, ойды білдіру тәсілі дыбыстық тілдердегідей акустикалық емес, кинетикалық (ым, қимыл) негізге құрылған тіл.*

**ЫМА** з а т. *Ым, ишарат-белгі, ыңғай, қалау.*

**ЫМАРАТ** з а т. с ө й л. ***Ғимарат.***

**ЫМБА** з а т. с ө й л. ***Ым.***

**ЫМБАЛА=** е т. ж е р г. *Ымдау, ымдасу.*

**ЫМҒА** з а т. ж е р г. *Тау ешкісі.*

**ЫМДА=** е т. *Ыммен белгі беру, ой-пікірді ишарат қимылмен білдіру, нұсқау.*

**ЫМДАҒЫШ** с ы н. *Ым жасағыш, ишаратшыл.*

**ЫМДАС=** е т. *Белгі берісу, ишарат жасасу.*

**ЫМДАС-ЖЫМДАС** с ы н. *Ым-жымы бір, тонның ішкі бауындай.*

**ЫМДАСУ** *Ымдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМДАТ=** е т. *Белгі бергізу, ишарат жасату.*

**ЫМДАТУ** *Ымдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМДАУ** *Ымда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМ-ЖЫМ** з а т. *Қулық-сұмдық, айла-тәсіл.*

**Ым-жымы бір.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Өзара бірлескен жасырын ойлары мен әрекеттері, қулық-сұмдықтары бар.*

**ЫМҚАН** з а т. ж е р г. *Мүмкіндік.*

**ЫМҚЫР=** е т. с ө й л. *Қымқыру, жымқыру.*

**ЫМҚЫРУ** *Ымқыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМҚЫРУЛЫ** с ы н. *Ұшқыр, екпінді.*

**ЫМҚЫРЫП-ЖЫМҚЫР=** е т. *Жасырып жабу, ұстай кету.*

**ЫМҚЫРЫП-ЖЫМҚЫРУ** *Ымқырып-жымқыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМСЫЗ** с ы н. *Ишара, белгісіз, сөзсіз, бірден.*

**ЫМЫРА** з а т. *Келісім, бітім.*

**Ымыраға келді [келмеді].** *Тіл табысты, келісті, пәтуаласты.*

**ЫМЫРАГЕР** с ы н. *Келісімпаз, ымырашыл.*

**ЫМЫРАГЕРШІЛІК** з а т. *Ымыра жасағыштық, келісімпаздық.*

**ЫМЫРАЛАС** с ы н. *Ымыраға көнген, тіл табысқан.*

**ЫМЫРАЛАС=** е т. *Ымыраға, келісімге келу, бірлесу, сөз байласу, тіл табысу.*

**ЫМЫРАЛАСТЫҚ** з а т. *Бір нәрсеге келіскендік, ымыраласқандық.*

**ЫМЫРАЛАСТЫР=** е т. *Ымыраға келтіру, бірлестіру, байланыстыру.*

**ЫМЫРАЛАСТЫРҒЫШ** с ы н. *Ымыраға келістіргіш, жарастырғыш.*

**ЫМЫРАЛАСТЫРУ** *Ымыраластыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ымыраға келтіру, келістіру, тіл табыстыру.* **2.** *Орайластыру, дұрыс қолдану.*

**ЫМЫРАЛАСТЫРУШЫ** зат. *Келісімге, ымыраға келістіруші; дәнекер.*

**ЫМЫРАЛА=** ет. жерг. *Еміреу.*

**ЫМЫРАЛАСУ** *Ымыралас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМЫРАЛАУ** жерг. *Ымырала етістігінің қимыл атауы.*

**ЫМЫРАН** зат. өс. <лат. aster alpinus> *Әлпілік, субәлпілік биіктіктерде өсетін, мәдени қашқаргүлінің арғы тегі, жабайы түрі.*

**ЫМЫРАСЫЗ** сын. *Келісімге келмейтін, рақымсыз.*

**ЫМЫРАСЫЗДЫҚ** сын. *Ымыраға келмеушілік, рақымсыздық.*

**ЫМЫРАТ** зат. сөйл. ***Ырым.***

**ЫМЫРАШЫЛ** сын. *Ымыраға келгіш, келісімпаз.*

**ЫМЫРАШЫЛДЫҚ** зат. *Ымыраға, келісімге келгіштік, жарасқыштық.*

**ЫМЫРТ** зат. *Күн батқаннан оның қызылы тарағанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі.*

**Ымырт жабылды.** *Сам жамырап, қас қарайды, көз байланды.* **Ымырт [кеш] жамырады.** *Күн батып, кеш түсті.* **Ымырт [іңір] қараңғысы.** *Күн батып қараңғы түсе бастаған кез, қас қарайған уақыт.* **Ымырт және таңсәрі**. геогр. *Атмосферада күн батқаннан кейін және күн шығар алдында байқалатын оптикалық құбылыс; күндізгі жарықтан түнгі қараңғылыққа немесе керісінше бірқалыпты ауысу құбылысы.* **Ымырт үйірілді.** *Кеш болды, қараңғы түсті.* **Ымырт үйірілу.** *Кеш бату, қараңғылық түсу.*

**ЫМЫРТГҮЛ** зат. өс. <лат. hesperis> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын екі не көпжылдық шөптесін өсімдік.*

**ЫМЫРТТАТЫП** үст. *Ымырт кезінде, кештетіп.*

**ЫМЫРТШЫЛАП** үст. *Ымырт кезінде, кештетіп.*

**ЫНҒАШ** зат. *Сыйлық.*

**ЫНДАУ** зат. жерг. *Май шығатын өсімдік.*

**ЫНДЫЗ** зат. жерг. *Тамыр.*

**Ындызы жарымаған.** ***Ындыны жарымаған.***

**ЫНДЫН** зат. **1.** *Түпкі мақсат, пиғыл, ниет.* **2.** *Қалау, тілек.*

**Ындыны ашылды**. *Құлқыны құрыды, ашқарақтанды, араны ашылды.* **Ындыны жарымаған**. *Тойып ас ішпеген, бүйірі шығып көрмеген.* **Ындыны жарымаған.** *Құлқыны тоймаған.* **Ындыны кепті**. *Қатты шөлдеді, қаталады.* **Ындыны құрыды**. а) *Шөл қысты, шөліркеді.* ә) *Аңсары ауды, құмартты.*

**ЫНЖЫДАЙ** үст. *Жіңішке етіп, қынай буып.*

**ЫНЖЫҚ** сын. **1.** *Сөзін тіке айта алмайтын, жасық, жігерсіз.* **2.** *Айтқанға жүрмейтін, кесір.* **3.** ауыс. *Мәнсіз бос (сөз).*

**ЫНЖЫҚТАН=** ет. *Батылсыздық жасау, жасықтық қылу.*

**ЫНЖЫҚТАНУ** *Ынжықтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНЖЫҚТАУ** сын. *Батылсыздау, жасықтау.*

**ЫНЖЫҚТЫҚ** зат. *Батылы жоқтық, жасықтық.*

**ЫНСАП** [ар. انصاف] зат. сөйл. ***Нысап*** *(қанағат, тойымдылық).*

**Ынсап қылды.** *Қанағат етті.* **Ынсапқа енді.** *Ақылға келді, тоқтау жасады.*

**ЫНСАПСЫЗ** сын. *Ынсабы жоқ, қанағатсыз, тойымсыз. // Ынсабы жоқ тойымсыз, ашкөз адам.*

**ЫНСАПСЫЗДЫҚ** зат. *Ынсабы жоқтық, қанағатсыздық, тойымсыздық, ашкөздік.*

**ЫНСАПТЫ** сын. *Ынсабы бар, қанағатшыл.*

**ЫНТА** зат. **1.** *Бір нәрсеге ауған ықылас, құлшыныс, ниет.* **2.** пед.-псих. *Адамның белгілі бір іске ықыластана кірісіп, нәтижелі орындауға тырысу қасиеті.* **3.** ауыс. *Ерік-қалау, мақсат.*

**Ынта қойды [салды].** *Көңіл бөлді, бейіл берді, ықыластанды.* **Ынтаны бұзды.** *Адалдықтан тайды, арам пиғылға барды.* **Ынтасын [жүрегін] жұлқындырды.** *Жігерлендіру, серпін беру, талаптандыру.*

**ЫНТАГЕР** зат. экон. *Бастамашы* **1.** *Кепілхат бойынша бастапқы қарыз берген жинақ және несие банкі не банкир.* **2.** *Инвестиция салушы банк фирмасы.*

**ЫНТА-ЖІГЕР** зат. *Бар күш-қуат, ықылас-ниет.*

**ЫНТА-КӨҢІЛ** зат. *Бар ықылас-ниеті, ерік-қалауы.*

**ЫНТАЛА=** ет. *Ынталы ету, ықыластандыру, ниеттендіру, қызықтыру.*

**ЫНТАЛАН=** ет. *Ықылас қою, құлшыну.*

**ЫНТАЛАНДЫР=** ет. *Түрлі жағдайлар жасап, ақшалай-заттай сыйлық беріп, қызықтыру, ынтасын арттыру.*

**ЫНТАЛАНДЫРМА** зат. жаңа <лат. stimulus >. *Бір іске, қадамға баруға итермелейтін, әрекет тудыратын күшті сыртқы немесе ішкі түрткіжайт, ынталандырушы уәж.*

**ЫНТАЛАНДЫРУ** *Ынталандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ынтасын арттыру, қызықтыру, қызығушылық туғызу.* **2.** инф. <ағыл. initiation> *Бағдарламаны іске қосу үрдісі, оны активті қалып күйге ауыстыру; белгілі бір жұмысты орындауға команда беру.*

**ЫНТАЛАНДЫРУШЫ** зат. *Ынтасын арттырушы, қызығушылық туғызушы.*

**Ынталандырушы маркетинг.** *Маркетингінің ең алдымен сұранымды қалыптастырып, ынталандыруға бағытталған түрі.*

**ЫНТАЛАНУ** *Ынталан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТАЛЫ** сын. *Ықылас-ынтасы зор, талапты, зейінді.*

**ЫНТАЛЫЛЫҚ** зат. *Ықылас-бейілі күштілік, талаптылық.*

**ЫНТАН** зат. жерг. ***Ынта.***

**ЫНТА-ПЕЙІЛ** зат. *Шын көңіл, ықылас, ниет.*

**ЫНТАСЫЗ** сын. *Ықылас-ниеті жоқ, құлықсыз, зейінсіз.*

**ЫНТАСЫЗДАУ** сын. *Құлықсыздау, марғаулау.*

**ЫНТАСЫЗДЫҚ** зат. *Құлқы жоқтық, талапсыздық.*

**ЫНТА-ЫҚЫЛАС** зат. *Ниет, көңіл, ден қоюшылық.*

**ЫНТЫҒУ** *Ынтық етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫҒЫС=** ет. *Бір-біріне ынтық болысу, құмарту, көңілдері кету.*

**ЫНТЫҒЫСУ** *Ынтығыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫЗАР** [ар. انتظار] сын. **1.** *Ынтық, құмар, құштар.* **2.** *Құштар көңіл, ыстық ықылас.*

**Ынтызар болды.** *Іңкәр болды, құмартты.* **Ынтызар етті.** *Сағындырды, ынтықтырды.*

**ЫНТЫЗАРЛАН=** ет. *Ынтық болу, құмарту.*

**ЫНТЫЗАРЛАНУ** *Ынтызарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫЗАРЛЫ** сын. *Ынтызары күшті, құмарлы.*

**ЫНТЫЗАРЛЫҚ** зат. *Құштар болушылық, іңкәрлік, ынтықтық, сүйіспеншілік.*

**ЫНТЫҚ** сын. *Ынтызар, құштар, құмар. // Құштар көңіл, ыстық ықылас.*

**Ынтығын құртты.** *Құмарын асырды, ғашық болды.* **Ынтығы құрыды.** *Іңкәрі ауды, құмартты.* **Ынтық болды [қақты].** *Іңкәр болды, аңсары ауды.*

**ЫНТЫҚ=** ет. *Көңілі кету, ынтызар болу, құмарту.*

**ЫНТЫҚҚҰМАРЛЫҚ** зат. *Құмарпаздық, ынтызар болуды көңілі қалаушылық.*

**ЫНТЫҚТАНДЫР=** ет. *Құмарландыру, құштарландыру.*

**ЫНТЫҚТАНДЫРУ** *Ынтықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫҚТЫҚ** зат. **1.** *Ынтық болушылық, құмарлық, ынтызарлық.* **2.** *Бір нәрсеге қызығушылық, әуесқойлық, ынталылық.*

**ЫНТЫҚТЫР=** ет. *Ынтық, ынтазар ету, құмарттыру.*

**ЫНТЫҚТЫРТ=** ет. *Ынтық, ынтазар еткізу, құмарландырту.*

**ЫНТЫҚТЫРТУ** *Ынтықтырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫҚТЫРУ** *Ынтықтыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫМАҚ** зат. *Ұйымшылдық, бірлік; татулық, ауызбіршілік.*

**Ынтымағы [ынтымақ] артты [қосты].** *Сөзі, ісі, түз-дәмі жарасты; ауызбірлігі күшейді.* **Ынтымағы жарасты.** *Тілек, ойлары бір жерден шықты, тіл табысты.* **Ынтымағы жоқ.** *Бет-бетімен кеткен, ауызбіршілігі жоқ, берекесіз.* **Ынтымаққа келтірді.** *Ауызбірлікке көндірді.* **Ынтымақ қылды.** *Бірікті, тату, ауызбіршілікті болды.*

**ЫНТЫМАҚ-БІРЛІК** зат. *Береке-бірлік, ұйымшылдық, туыстық.*

**ЫНТЫМАҚСЫЗ** сын. *Береке-бірлігі жоқ, ұйымшыл емес.*

**ЫНТЫМАҚТАС** сын. *Ынтымақ қосқан, бірлескен.*

**ЫНТЫМАҚТАС=** ет. *Бірлесіп, тату-тәтті жұмыс жасау, ұйымдасу, ынтымақты болу, келісімге келу.*

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ** зат. **1.** *Тату-тәттілік, ұйымшылдық, бірлік.* **2.** саяси. *Түрлі мүдделі топтардың бейбітпен қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі.*

**ЫНТЫМАҚТАСТЫЛЫҚ** зат. ***Ынтымақтастық.***

**ЫНТЫМАҚТАСТЫР=** ет. *Бірлестіру, ынтымаққа келтіру.*

**ЫНТЫМАҚТАСТЫРУ** *Ынтымақтастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫМАҚТАСУ** *Ынтымақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫНТЫМАҚТЫ** сын. *Ауызбірлікті, тату-тәтті.*

**Ынтымақты жауапкершілік.** *Екі немесе бірнеше адамның бірлесіп қабылданған ынтымақты міндеттемелерді орындау үшін ортақ жауапкершілігі.* **Ынтымақты талап.** *Ынтымақтасқан бірнеше несиегердің борышқорға қоятын толық көлемдегі талабы.*

**ЫНТЫМАҚТЫЛЫҚ** зат. *Ауызбірлік, ұйымшылдық.*

**ЫНТЫМАҚШЫЛ** сын. *Ынтымағы берік, тату-тәтті, ұйымшыл.*

**ЫНТЫМАҚШЫЛДЫҚ** зат. *Ұйымшылдық, бірлікшілдік.*

**ЫНТЫПАТ** зат. жерг. *Ықылас.*

**ЫНТЫ-ШЫНТЫМЕН** үст. *Бар ниетімен, шынайы көңілмен.*

**ЫНЫҚЫ-МЫНЫҚЫ** зат. жерг. *Анау-мынау, әне-міне.*

**ЫҢ** елік. *Ыңылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Ың етті**. *Ыңылдаған дыбыс шығарды.* **Ың да жың.** *У да шу, ың-жың.* **Ың жоқ, шың жоқ.** *Дау-дамайсыз, у-шусыз.*

**ЫҢҒА** зат. көне. *Ыңғайы, реті.*

**ЫҢҒАЙ**[1] зат. **1.** *Бір нәрсенің реті, жөні.* **2.** *Сипаты, түрі.* **3.** ауыс. *Заман ағымы, өмір талабы.*

**Ыңғай берді.** *Бір істі құптарлық көңіл байқатты, ниетін білдірді.* **Ыңғай бермеді.** *Құптамады, хош көрмеді.* **Ыңғай білдірді [көрсетті, берді, танытты].** *Емеурін жасады, ниет танытты.* **Ыңғайы келді.** *Орайы табылды, реті түсті.* **Ыңғайы келмеді.** а) *Орайы табылмады, реті келмеді.* ә) *Икемі, ебі жоқ, олақ деген мағынада.* **Ыңғайына жығылды**. *Біреудің айтқанына көнді, қарсыласпады.* **Ыңғайына көнді [көшті, бағынды].** *Дегенін істеді, айтқанымен жүрді.* **Ыңғайына қарады.** *Біреудің айтқанына, жағдайға қарай әрекет жасады.*

**ЫҢҒАЙ**[2] үст. сөйл. **1.** *Әрқашан, ұдайы, үнемі.* **2.** *Кілең, өңкей.*

**ЫҢҒАЙЛА=** е т. **1.** *Ретке, жөнге келтіру, оңтайлау.* **2.** *Сайлау, дайындық жасау.* **3.** *Баптау, бабына келтіру.*

**ЫҢҒАЙЛАН=** е т. **1.** *Оңтайлану, реттелу.* **2.** *Оқталу, дайындалу.* **3.** *Бекіну.*

**ЫҢҒАЙЛАНДЫР=** е т. *Ыңғайлы, қолайлы ету.*

**ЫҢҒАЙЛАНДЫРУ** *Ыңғайландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАНДЫРЫЛ=** е т. *Ыңғайлы, қолайлы етілу.*

**ЫҢҒАЙЛАНДЫРЫЛУ** *Ыңғайландырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАНУ** *Ыңғайлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАС** с ы н. *Өзара сабақтас, ортақ, ұқсас жағы бар.*

**ЫҢҒАЙЛАС=** е т. **1.** *Бейімделу, икемделу, ниет білдіру.* **2.** *Тіл табысу, араласу.*

**ЫҢҒАЙЛАСПА** с ы н. *Ұштастырылған, үйлестірілген.*

**Ыңғайласпа сауда.** э к о н. *Өнім сатып алу әртүрлі себептермен экспорттық-импорттық операциялар тепе-теңдігіне қол жеткізу мақсатында тауарлардың жауап қадам ретіндегі жеткізілімімен ұштастырылатын мәмілелер жиынтығы.*

**ЫҢҒАЙЛАСТЫҚ** з а т. *Сабақтастық, ұқсастық, сәйкестік, ыңғайлас болушылық.*

**ЫҢҒАЙЛАСТЫР=** е т. *Бірыңғай ету, ыңғайға келтіру, реттеу.*

**ЫҢҒАЙЛАСТЫРУ** *Ыңғайластыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАСТЫРЫЛ=** е т. *Ыңғайы келтірілуі, реттелу.*

**ЫҢҒАЙЛАСТЫРЫЛУ** *Ыңғайластырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАСУ** *Ыңғайлас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАТ=** е т. *Ыңғайын келтірту, реттету.*

**ЫҢҒАЙЛАТУ** *Ыңғайлат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛАУ**[2] з а т. с п о р т. *Тебу, соғу үшін (футболда, бокста), көздеу, лақтыру (баскетболда, қол добында, су добында), сайыста шаншу үшін өзіне қолайлы жерді таңдап алу мақсатымен спортшының жасайтын әрекеті мен қозғалысы.*

**ЫҢҒАЙЛАУ**[1] *Ыңғайла етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙЛЫ** с ы н. **1.** *Жағдайға келетін, қолайлы.* **2.** *Епті, икемді.* **3.** *Ықшам, шақ.* **4.** *Оңтайлы.* **5.** *Жағымды.*

**ЫҢҒАЙЛЫЛАУ** с ы н. *Қолайлылау, жайлылау.*

**ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ** з а т. *Қолайлылық, жайлылық.*

**ЫҢҒАЙЛЫРАҚ** с ы н. *Қолайлырақ, жайлырақ.*

**ЫҢҒАЙПАЗ** с ы н. *Ыңғайшыл, икемшіл.*

**ЫҢҒАЙСЫЗ** с ы н. **1.** *Жайсыз, қолайсыз.* **2.** *Ұят, сөлекет.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАН=** е т. *Ыңғайсыз жағдайда қалу, қысылу, ұялу.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАНДЫР=** е т. *Ыңғайсыз жағдайда қалдыру.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАНДЫРУ** *Ыңғайсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАНУ** *Ыңғайсыздан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАНЫҢҚЫРА=** е т. *Қысылыңқымтылыңқырау, ұялыңқырау.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАНЫҢҚЫРАУ** *Ыңғайсызданыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДАУ** с ы н. *Қолайсыздау, жайсыздау.*

**ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ** з а т. *Қолайсыздық, жайсыздық.*

**ЫҢҒАЙТӨК** с ы н. *Аңғарымпаз, көреген.*

**ЫҢҒАЙТТЫ** с ы н. с ө й л. *Ыңғайлы, қолайлы.*

**ЫҢҒАЙШЫЛ** с ы н. *Ыңғайға көнгіш, шығысқыш.*

**ЫҢҒИ** ү с т. с ө й л. ***Ылғи.***

**ЫҢҒЫЛ** з а т. *Ниет, пиғыл, жасырын, құпия ой.*

**ЫҢҒЫЛ-ЖЫҢҒЫЛ** з а т. с ө й л. *Жыңғылжықпыл, жыра.*

**ЫҢҒЫРУ** з а т. *Қысқа сапты, имек жүзді, ұста пышағы; ағаш ыдыстардың ішін оюға арналған ойғыш құрал.*

**ЫҢҒЫРУЛА=** е т. *Оймыштау, ұңғу, ойық ету.*

**ЫҢҒЫРШАҚ** з а т. с ө й л. ***Ыңыршақ** (атты арбаға жеккенде бел көтергіш, қайыс өткізетін ершік).*

**ЫҢҒЫТ** з а т. ж е р г. *Реті, ыңғай.*

**Ыңғыты келді.** *Істің реті, жөні келді.*

**ЫҢ-ДЫҢ** е л і к. *Даң-дұң еткен ұзақ шыққан жағымсыз дыбысты білдіретін сөз.*

**ЫҢ-ДЫҢСЫЗ** с ы н. *У-шусыз, ың-жыңсыз.*

**ЫҢ-ЖЫҢ** е л і к. *Ың-дың, у-шу еткен күрделі дыбысты білдіретін сөз.*

**ЫҢ-ЖЫҢСЫЗ** с ы н. *Ың-дыңсыз, у-шусыз, тыныш.*

**ЫҢҚ** е л і к. *Ауыр салмақпен зырқ етіп құлағанда, қатты соққы тигенде т.б. шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

**Ыңқ демеді.** *Ләм-мим демеді, сыр ашпады.* **Ыңқ етті.** *Ауыр салмақпен зырқ етті, гүрс етіп жығылды.* **Ыңқ етпеді.** а) *Сыр білдірмеді, мінез көрсетпеді.* ә) *Қабақ шытпады, ауырсынбады.*

**ЫҢҚИ=** е т. с ө й л. ***Тыңқи.***

**ЫҢҚИТ=** е т. *Оңдырмай, қатты соғу.*

**ЫҢҚИТУ** *Ыңқит етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҚИЮ** *Ыңқи етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҚЫЛ** з а т. *Ауру меңдеген адамнан (малдан) шығатын дыбыс, ын.*

**ЫҢҚЫЛДА=** е т. **1.** *Ыңқылдаған дыбыс шығару, ыңқ-ыңқ ету.* **2.** *Бүйірі шығып әбден тою.*

**ЫҢҚЫЛДАС=** е т. *Ыңқылдаған дыбыс шығарысу, ыңқ-ыңқ етісу.*

**ЫҢҚЫЛДАСУ** *Ыңқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҚЫЛДАТ=** е т. *Ыңқылдаған дыбыс шығарту, ыңқ-ыңқ еткізу.*

**ЫҢҚЫЛДАТУ** *Ыңқылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҚЫЛДАУ** *Ыңқылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢҚЫЛДАУЫҚ** с ы н. *Ыңқылдай бергіш, шыдамсыз.*

**ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ** з а т. *Ыңқылдап, қыңқылдап ауырғандық.*

**Ыңқыл-сыңқылы бар.** *Ауру-сырқаулы.*

**ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛСЫЗ** с ы н. *Ауру-сырқаусыз.*

**ЫҢҚ-ЫҢҚ** е л і к. *Қатты қимыл кезінде ауырсынғанда шығатын дыбыс.*

**Ыңқ-ыңқ етті.** а) *Ыңқылдады, қайта-қайта ыңқылдаған дыбыс шығарды.* ә) *Бүйірі шығып тойынды.*

**ЫҢҚЫТ=** е т. с ө й л. *Ыңқ еткізіп ішіп қойды, сіміріп салды деген мағынада.*

**ЫҢ-ШЫҢ** е л і к. *Ың-жың, бейберекет шуыл, ыңылдап-шыңылдағанда шығатын дыбыстарды білдіретін сөз.*

**ЫҢ-ШЫҢСЫЗ** с ы н. *Ың-шыңсыз, айғай-шусыз.*

**ЫҢЫ=** е т. ж е р г. *Көп, мол болу; шұбыру, толу.*

**ЫҢЫЛ** з а т. *Жай, баяу шыққан созылыңқы әуен, сарын.*

**ЫҢЫЛДА=** е т. **1.** *Жай дауыспен ән ырғағын келтіріп әндету.* **2.** *Ыңырану, ыңырсыған дыбыс шығару.* **3.** *Дұрыс сөйлемеу, сөзін анық айтпау, мыңқылдау.*

**ЫҢЫЛДАС=** е т. *Жай дауыспен әндетісу.*

**ЫҢЫЛДАСУ** *Ыңылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫЛДАТ=** е т. *Жай дауыспен әндету.*

**ЫҢЫЛДАТУ** *Ыңылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫЛДАУ** *Ыңылда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫРАН=** е т. **1.** *Ауруы жанына батқанда адамның, малдың ыңқыл аралас дыбыс шығаруы, күйзелуі.* **2.** *Бүйірі шығып, әбден тою.* **3.** *Зорға сөйлеу, әлдеқандай болу.*

**ЫҢЫРАНТ=** е т. *Ыңырсыған, ыңыранған дыбыс шығарту.*

**ЫҢЫРАНТУ** *Ыңырант етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫРАНУ** *Ыңыран етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫРАНЫС** з а т. *Ыңқылдап ыңыранғандық, күйзелгендік.*

**ЫҢЫРАНЫС=** е т. *Ыңыранған, ыңырсыған дыбыс шығарысу.*

**ЫҢЫРСУ** *Ыңырсы етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫРСЫ=** е т. **1.** *Жан күйзелісінен ыңыранып дыбыс беру.* **2.** *Даусы өлімсірей, қиналып шығу.*

**ЫҢЫРСЫТ=** е т. *Ыңыранған дыбыс шығарту, өлімсірету.*

**ЫҢЫРСЫТУ** *Ыңырсыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫҢЫРШАҚ**[1] з а т. *Жылқыға не өгізге жүк тиеу үшін ерттелетін, ағаштан жасалған биік ер.*

**Ыңыршағы айналғанша.** *Әбден шаршап болдырғанша, титықтағанша.* **Ыңыршағы айналды [шықты].** *Әбден көтерем болды, арыды.* **Ыңыршағы мойнына кетті [түсті].** *Тұрмысы оңалмады, ауыртпалықтан құтылмады.* **Ыңыршағың айналғыр!** қ а р ғ. *Жүдеп-жада!* **Ыңыршағы шыққан [айналған] кедей.** *Дүние-мүліктен жұрдай, түгі жоқ, жарлы.* **Ыңыршағы шыққан кедей.** э к с п р. *Сіңірі шыққан, құ кедей.*

**ЫҢЫРШАҚ**[2] с ы н. *Арық, нашар.*

**ЫҢЫРШАҚТАЙ** с ы н. *Арса-арсасы шыққан, арбиған.*

**ЫП-РАС** с ы н. э к с п р. *Өтірігі жоқ, шын.*

**ЫП-ЫҚШАМ** с ы н. э к с п р. *Жып-жинақы, олпы-солпы емес, шап-шақ.*

**ЫП-ЫЛАЙ** с ы н. э к с п р. *Тұнық емес, лай.*

**ЫПЫН** з а т. ж е р г. *Сұрық, күй.*

**Ыпыны кетті [қашты].** *Күйі болмады, сұрқы қашты.* **Ыпынын кетірді [қашырды].** *Күйін, сұрқын кетірді.*

**ЫП-ЫҢҒАЙЛЫ** с ы н. *Ып-ықшамды, оңтайлы.*

**ЫПЫРЫҚ-СЫПЫРЫҚ** с ы н. ж е р г. *Ыбырсыбыр.*

**ЫПЫ-ТЫПЫ** ү с т. *Жалма-жан, асығыс, жылдам.*

**ЫП-ЫСТЫҚ** с ы н. *Қызуы, жылуы мол, өте ыстық.*

**ЫР** е л і к. *Иттің, қасқырдың айбат қылғанда ырылдап шығарған дыбысын бейнелейтін сөз.*

**Ыр етті.** *Ит, қасқыр, т.б. айбат қылды, ырылдап тісін ақситты.*

**ЫРА**[1] з а т. ж е р г. *Таудың құлама етегі, ылди-еңіс, құлди.*

**ЫРА**[2] с ы н. ж е р г. *Өте, тіпті, тым.*

**ЫРА**[3]**: ыра болды.** *Разы болды, көңілі толды.*

**ЫРАҒИЯ** з а т. ж е р г. *Ырық, ерік.*

**ЫРАҚ-ЖАРЫҚ** с ы н. ж е р г. *Ашық-шашық.*

**ЫРАҢ** з а т. ө с. *Көктемнің басында шығатын дәнсіз, бойы аласа, жіңішке сабақты құм шөбі, құмдық бетеге.*

**ЫРАҢДАЙ** с ы н. *Ыраң сияқты.*

**ЫРАТӨБЕ** з а т. ж е р г. *Ылди, сай.*

**ЫРАЗЫ** ү с т. с ө й л. ***Разы** (Адамның бір нәрсеге көңілі толғандығын білдіретін ризалық сезімі; ырза, риза).*

**ЫРАҚАЙ** з а т. ж е р г. *Келісім, түсіністік.*

**Ырақайға келді.** *Келісімге келді, түсіністі.*

**ЫРАҢДА=** е т. *Оттау, жайылу [Раң – көктемнің басында қар суымен шығатын бойы аласа майда шөп].*

**ЫРБАҚАЙ** с ы н. қ а р а п. *Орынсыз ырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш.*

**ЫРБАҚТА=** е т. с ө й л. ***Ырбаңда.***

**ЫРБАҚТАУ** *Ырбақта етістігінің қимыл атауы; ырбаңдау.*

**ЫРБАҢ** е л і к . *Орынсыз күліп, жыртаңдаған, әулекіленген қысқа қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

**Ырбаң қақты**. *Жыртаңдап, орынды-орынсыз күле берді.*

**ЫРБАҢДА=** е т. *Ырбаң-ырбаң етіп күлегештеу, жеңілтектену; ырбыңдау.*

**ЫРБАҢДАТ=** е т. *Ырбаң-ырбаң еткізу, жыртыңдату.*

**ЫРБАҢДАТУ** *Ырбаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРБАҢДАУ** *Ырбаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРБИ=** е т. қ а р а п . *Ауыздың әлде басқа бір заттың сөлекет ашылуы; жыртию.*

**ЫРБИТ=** е т. *Аузын сөлекет ашу, жырбиту, жыртиту.*

**ЫРБИТУ** *Ырбит етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРБИЮ** *Ырби етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРБЫҢДА=** е т. қ а р а п . *Орынсыз күлу, жыртақтау.*

**ЫРБЫҢДАП-ЖЫРБЫҢДА=** е т. қ а р а п . *Жырбың-жырбың ету, жыртаңдау.*

**ЫРБЫҢ-ЫРБЫҢ** е л і к . *Орынсыз күліп, ыржақтап, жырбың-жырбың еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ырбың-ырбың етті.** *Орынсыз ыржақтап күлді.*

**ЫРҒА=** е т. **1.** *Тіреу, қазық, өсіп тұрған бұта, тағы басқаларды орнынан суырып алу үшін арлы-берлі шайқай қозғау.* **2.** *Ауыр затты орнынан бар күшін салып екінші бір орынға ауыстыру, көшіру.* **3.** *Жүк, тең арту, теңдеу, тиеу.***4.** *Айналдыру, толғау.*

**ЫРҒА**: **ұзын ырғасы**. *Жалпы мазмұны, шама-шарқы, желісі.*

**ЫРҒАЙ** з а т . **1.** *Тобылғы, жыңғыл тәрізді топтасып түзу өсетін, қоңыр сұр қабықты жіңішке бұта.* **2.** ө с. <лат. cotoneaster> *Раушангүлдер тұқымдасы ырғай туысына жататын, биіктігі 3 метрден 10 метрге дейін жететін, көпжылдық, ағаш тектес өсімдік.* **3.** *Сүңгі, найза, қамшының сабын жасайтын мықты, берік ағаш.*

**ЫРҒАЙДАЙ** с ы н . *Сорайған, ұзын, жіп-жіңішке.*

**ЫРҒАЙЛЫ** с ы н . *Ырғай өскен, ырғайы бар.*

**ЫРҒАҚ**[1] з а т . **1.** *Ән-күйдің, өлеңнің өзіне тән нақыс, оралымы, тербеліс сазы.* **2.** л и н г в . <грек. rhythmys> *Сөз ағымы бірлігін бірдеммен айту арқылы әрі фонациялық әрі семантика-грамматикалық негізде топтастыратын сөз әуезінің (просодикасы) әуендік-ырғақындық шамасы.* **3.** *Бірқалыпты қайталанып отыратын қимыл-әрекет.* **4.** п с и х . *Қандай да бір құбылыстың, әрекеттің кезектесіп алмасу реттілігі мен заңдылығы.* **5.** и н ф . *Процессордың қарапайым ішкі командасын орындау уақыты.*

**Ырғақпен жүзу.** с п о р т . *Су ішінде сазды сүйемелдеумен өтетін жүзгіштердің әртүрлі сап құраулары мен қимыл-қозғалыстары.*

**ЫРҒАҚ**[2] з а т. с а я т . *Жаңа ұсталған саят құстарын (бүркіт, қаршыға) қондырып, қолға үйрету үшін, арнайы бостау керілген арқан тұғыр.*

**Ырғаққа отырғызу [қондыру].** с а я т . *Қыран құстың ұйқысын алу, зар күйіне келтіру.*

**ЫРҒАҚ**[3] з а т . э т н . *Иілген киіз үй ағаштарын қалыпқа келтіретін, салатын арнаулы ағаш үлгі.*

**ЫРҒАҚ**[4] з а т . ж е р г . *Есіктің ілгегі.*

**ЫРҒАҚ**[5] з а т . ж е р г . *Бас жағын темірден иіп жасаған шөп суыратын құрал.*

**ЫРҒАҚ-ӘУЕН** з а т . *Өзіндік нақыш, саз.*

**ЫРҒАҚСЫЗ** с ы н . *Ырғағы, ұйқасы жоқ, байланыссыз.*

**ЫРҒАҚТА=** е т. *Ары-бері ырғатылу, шайқалу, теңселу.*

**ЫРҒАҚТАС=** е т. *Шайқалысу, теңселісу.*

**ЫРҒАҚТАСУ** *Ырғақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАҚТАУ** *Ырғақта етістігінің қимыл атауы; тербелу, ырғатылу, шайқалу.*

**ЫРҒАҚТЫ** с ы н . *Белгілі бір сазға, ұйқасқа құрылған, сарынды, үнді.*

**Ырғақты әуен.** л и н г в . *Интонациялық және ритмикалық қалыпқа сай сөйлеудің бөлшектенуі.* **Ырғақты даму.** *Келісті түрде үздіксіз жетілу, өсу.* **Ырғақты екпін.** л и н г в . *Сөз ағымында бір ырғақты топты екіншісінен айырып, топ ішіндегі сөздердің басын біріктіріп, бір демге бағындырып тұратын екпін.* **Ырғақты қарасөз.** л и н г в . *Сөйлем, сөйлемшелердің өрнекті ықшамдылығынан ырғақ реттілігі байқалып тұратын шешендік қарасөз; ритмикалық проза.*

**ЫРҒАҚТЫҚ** с ы н . *Ырғақ ұйқасына құрылған, сарындық; ритмге тән.*

**Ырғақтық жиілік.** и н ф . <лат. loop frquency> *Процессордың ең қарапайым элементар ішкі операцияларының орындалу жиілігі.*

**ЫРҒАҚТЫЛЫҚ** з а т . с п о р т . *Екі немесе одан да көп қимылдардың бір уақытта орындалатын үйлесімділігі.*

**ЫРҒАЛ=** е т. **1.** *Тал басының, өсімдіктің желдің лебімен әрі-бері шайқатыла тербелуі.* **2.** *Өзен, көл, теңіз суының толқуы.* **3.** *Желбіреу, көлбеңдеу.* **4.** *Атқа мініп, теңселу, найқалу.* **5.** *Ырғатылып, ұзыннан-ұзақ созылу, ағылу.* **6.** *Ат жеккен арбаның сықырлай қозғалуы.* **7.** а у ы с . *Маң-маң басу, мамырлау.* **8.** а у ы с . *Асықпау, бипаздану, керіліп-созылу.* **9.** а у ы с . *Сынға түсу, сын сағатта тұру.*

**ЫРҒАЛАҚТА=** е т. *Арлы-берлі шайқалақтау, теңселу, ырғақтау.*

**ЫРҒАЛАҚТАТ=** е т. *Арлы-берлі шайқалту, теңселту, тербелту, ырғақтату.*

**ЫРҒАЛАҚТАТУ** *Ырғалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАЛАҚТАУ** *Ырғалақта етістігінің қимыл атауы; арлы-берлі шайқалу, теңселу, тербелу.*

**ЫРҒАЛАҢДА=** е т. **1.** *Ырғалаң-ырғалаң ету, теңселу, шайқалақтау.* **2.** а у ы с . *Теңселе басу.*

**ЫРҒАЛАҢДАТ=** е т. *Ырғалаң-ырғалаң еткізу, теңселту, шайқалақтату.*

**ЫРҒАЛАҢДАТУ** *Ырғалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАЛАҢДАУ** *Ырғалаңда етістігінің қимыл атауы; ырғалаң-ырғалаң ету, тербелу, шайқалақтау.*

**ЫРҒАЛҒЫШ** с ы н . *Шайқалғыш, теңселгіш.*

**ЫРҒАЛМАЛЫ** с ы н . *Шайқалмалы, теңселмелі.*

**ЫРҒАЛТ=** е т. *Шайқалту, теңселту.*

**ЫРҒАЛТУ** *Ырғалт етістігінің қимыл атауы; теңселту, шайқалту*

**ЫРҒАЛТЫП-ЖЫРҒАЛТЫП** ү с т . *Үлде мен бүлдеге орап.*

**ЫРҒАЛУ** *Ырғал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әрі-бері шайқала қозғалу.* **2.** а у ы с . *Аспай-саспай баппен қозғалу, керіліп-созылу, асықпау, жайбарақат жүру.*

**ЫРҒАЛЫҢҚЫРА=** е т. *Ырғала түсіңкіреу, тербеліңкіреу.*

**ЫРҒАЛЫҢҚЫРАУ** *Ырғалыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛ=** е т. *Жайбасарлық қылу, асып-саспау; жайбарақат жүру.*

**ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛУ** *Ырғалып-жырғал етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛЫП** ү с т . *Аспай-саспай, жайлап, баптап.*

**ЫРҒАЛЫС** з а т . *Ырғалған күй, ырғалғандық.*

**ЫРҒАҢ** з а т . *Жай шайқалыс, шабан жүріс.*

**ЫРҒАҢДА=** е т. *Ырғаң-ырғаң ету, шайқалу.*

**ЫРҒАҢДАТ=** е т. *Ырғаң-ырғаң еткізу, шайқалту.*

**ЫРҒАҢДАТУ** *Ырғаңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАҢДАУ** *Ырғаңда етістігінің қимыл атауы; шайқау.*

**ЫРҒАҢ-ҚИҚАҢ** з а т . *Шайқалыс, тербелу, шабан жүріс.*

**ЫРҒАҢҚЫРА=** е т. *Ырғай түсу, ырғап-ырғап жіберу.*

**ЫРҒАҢҚЫРАУ** *Ырғаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАҢ-ЫРҒАҢ** е л і к . *Ырғаң қаққан, шайқақтаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ырғаң-ырғаң етті.** а) *Ырғатылды, шайқалды.* ә) *Балпаң-балпаң басты, теңселді.*

**ЫРҒАП-ЖЫРҒАП** ү с т . **1.** *Мол дүниені үйіп-төгіп, сән-салтанатын келтіріп.* **2.** *Ішіп-жеп, қарық болып, масайрап.*

**ЫРҒАП-ЫРҒАП** ү с т . *Бірнеше рет ырғап, қозғап-қозғап.*

**ЫРҒАС=** е т. **1.** *Екеулеп не жабылып әрлі-берлі шайқай тарту, орнынан қозғау.* **2.** а у ы с . *Дауласу, таласу.*

**ЫРҒАСУ** *Ырғас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАТ=** е т. *Шайқату, қозғату.*

**ЫРҒАТУ** *Ырғат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒАТЫЛ=** е т. **1.** *Шайқатылу, тербетілу.* **2.** а у ы с . *Ойын дәл айтпай орағыта сөйлеу, созбақтау.* **3.** а у ы с . *Жайбарақатыққа салынып баяу қозғалу, жай басу.* **4.** а у ы с . *Тоқтаусыз, кібіртіксіз ағылу, жөңкілу.* **5.** а у ы с . *Құйқылжу, қалықтау.*

**ЫРҒАТЫЛУ** *Ырғатыл етістігінің қимыл атауы; баяу қозғалу, шайқатылу.*

**ЫРҒАУ** *Ырға етістігінің қимыл атауы; әрі-бері қозғау, шайқау, теңселту.*

**ЫРҒАШ** з а т . ө с. с ө й л . ***Рауғаш.***

**ЫРҒУ** *Ырғы етістігінің қимыл атауы; бір жерден екінші жерге екпінімен атылу, секіру, қарғу.*

**ЫРҒЫ=** е т. *Жылдам қимылмен секіру, қарғу.*

**ЫРҒЫМА** с ы н . *Секірмелі, қарғымалы.*

**Ырғыма қозғалу.** а) *Өзен арнасындағы түптік тасындылардың ағыс күшімен ырғи қозғалуы (тасымалдануы).* ә) *Желмен тасымалданатын құм немесе қар түйіршіктерінің ырғи қозғалуы.*

**ЫРҒЫЛЖЫҢ** с ы н . с ө й л . ***Кикілжің.***

**ЫРҒЫН** с ы н . *Мол, көп, қыруар.*

**Ырғынға кенелді.** *Көл-көсір олжаға батты.*

**ЫРҒЫС=** е т. *Екпінімен тез қарғысу, секірісу.*

**ЫРҒЫСУ** *Ырғыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҒЫТ=** е т. *Қатты екпінімен секірту, қарғыту.*

**ЫРҒЫТҚЫШ** с ы н . *Ырғытуға жаны құмар, ырғыта беретін.*

**ЫРҒЫТУ** *Ырғыт етістігінің қимыл атауы; қарғыту, секірту.*

**ЫРДУ** з а т . *Той-думан, ойын-сауық.*

**ЫРДУАН** з а т . *Арбаның екі доңғалақты, қорабы биік түрі.*

**ЫРДУ-ДЫРДУ** з а т . **1.** *Әртүрлі қуанышпен байланысты өткізілетін дүрмекті жиын, сауық-сайран, той-думан.* **2.** *Ырың-жырың, ию-қию.*

**ЫРЖАҚ** з а т . *Қылжақтап, ыржақтап қалған жеңіл мінез.*

**ЫРЖАҚАЙ** с ы н . э к с п р . *Әркіммен бір ыржаңдап жүретін, ойсыз, күлегеш.*

**ЫРЖАҚТА=** е т. *Орынды-орынсыз күлегештеу, қылжақтау, жеңілтектену.*

**ЫРЖАҚТАС=** е т. *Қылжақтасу, жыртақтасу.*

**ЫРЖАҚТАСУ** *Ыржақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАҚТАТ=** е т. *Қылжақтату, жыртақтату.*

**ЫРЖАҚТАТУ** *Ыржақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАҚТАУ** *Ыржақта етістігінің қимыл атауы; қылжақтау, ыржалаңдау.*

**ЫРЖАҚ-ЫРЖАҚ** е л і к . *Қайта-қайта ыржақтаған, ыржалақтаған күйді бейнелейтін сөз.*

**ЫРЖАЛАҚ** с ы н . *Ыржаң-ыржаң еткендік, қылжақ.*

**Ыржалақ қақты.** *Ыржақтады, ыржаң-ыржаң етті.*

**ЫРЖАЛАҚТА=** е т. *Ыржақтап күле беру, ыржалаңдау, жеңілтектік қылу.*

**ЫРЖАЛАҚТАС=** е т. *Ыржақтап күле берісу; ыржалақ-ыржалақ етісу.*

**ЫРЖАЛАҚТАСУ** *Ыржалақтас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҚТАТ=** е т. *Ыржақтату, ыржалақ-ыржалақ еткізу.*

**ЫРЖАЛАҚТАТУ** *Ыржалақтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҚТАУ** *Ыржалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҢ** з а т . *Жеңілтек, арзан күлкі, ыржаң.*

**Ыржалаң қақты.** *Ыржақтады, ыржаңдады, жыртыңдады.*

**ЫРЖАЛАҢДА=** е т. *Ыржақтап күле беру, ыржың-ыржың ету.*

**ЫРЖАЛАҢДАС=** е т. *Ыржақтасу, ыржаңдасу, жыртыңдасу.*

**ЫРЖАЛАҢДАСУ** *Ыржалаңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҢДАТ=** е т. *Ыржақтату, ыржалаңдату, ыржалаң-ыржалаң еткізу.*

**ЫРЖАЛАҢДАТҚЫЗ=** е т. *Ыржақтатқызу, ыржаңдатқызу, ыржалаң-ыржалаң еткізу.*

**ЫРЖАЛАҢДАТҚЫЗУ** *Ыржалаңдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҢДАТУ** *Ыржалаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАЛАҢДАУ** *Ыржалаңда етістігінің қимыл атауы; ыржақтау, ыржалақтау, жыртыңдау.*

**ЫРЖАЛАҢ-ЫРЖАЛАҢ** е л і к . *Орынсыз бос ыржаңдап күле берген күйді бейнелейтін сөз.*

**Ыржалаң-ыржалаң етті.** *Орынсыз ыржаңдап күле берді, ыржақтап көп күлді.*

**ЫРЖАҢ** з а т . *Орынсыз, арзан күлкі, жеңілтектік.*

**Ыржаң етті [қақты].** а) *Ыржаңдап күлді, ыржиды.* ә) *Берекесіз, мағынасыз, орынсыз, бос ыржақтап күлді.*

**ЫРЖАҢБАЙ** с ы н . *Не болса соған күлетін, жеңілтек.*

**ЫРЖАҢДА=** е т. *Арзан күлкіге бой ұру, ыржалаңдау, жыртыңдау.*

**ЫРЖАҢДАС=** е т. *Ыржалаңдасу, қылжақтасу, жыртыңдасу.*

**ЫРЖАҢДАСУ** *Қылжақтасу, ыржақтасу, жыртақтасу.*

**ЫРЖАҢДАТ=** е т. *Ыржалаңдату, ыржаң-ыржаң еткізу, арзан күлкіге бой ұрдыру, жыртыңдату.*

**ЫРЖАҢДАТУ** *Ыржаңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖАҢДАУ** *Ыржаңда етістігінің қимыл атауы; ыржақтау, қылжаңдау.*

**ЫРЖАҢШЫЛ** с ы н . *Не болса соған күлетін жыртақшыл, күлегеш.*

**ЫРЖАҢ-ЫРЖАҢ** е л і к . *Ыржың-ыржың, жыртың-жыртың еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

**Ыржаң-ыржаң етті**. *Ыржаңдай берді, езу жимады, орынсыз бос ыржақтап күлді.*

**ЫРЖИ=** е т. *Езу тарту, күлу, мәз болу.*

**ЫРЖИТ=** е т. *Аузын сөлекет ашу, күлу.*

**ЫРЖИТУ** *Ыржит етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖИЫС=** е т. *Езу тартысу, күлісу.*

**ЫРЖИЫСУ** *Ыржиыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖИЮ** *Ыржи етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖЫҢ** з а т . *Ыржыңдап күлгендік, ыржақтағандық.*

**Ыржың етті [қақты].** *Ыржаң-ыржаң етті, ыржыңдады, ыржақтап күлді.*

**ЫРЖЫҢДА=** е т. *Ыржың-ыржың ету, ыржиып күле беру.*

**ЫРЖЫҢДАС=** е т. *Ыржың-ыржың етісу, ыржаңдап күле беру.*

**ЫРЖЫҢДАСУ** *Ыржыңдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖЫҢДАТ=** е т. *Ыржаңдату, ыржақтату, ыржың-ыржың еткізу.*

**ЫРЖЫҢДАТУ** *Ыржыңдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖЫҢДАУ** *Ыржыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЖЫҢ-ЫРЖЫҢ** е л і к . *Жымың-жымың етіп күлген қимыл-ишаратты бейнелейтін сөз.*

**Ыржың-ыржың етті.** *Ыржыңдап үсті-үстіне күле берді.*

**ЫРЗЫҚ** с ы н . с ө й л . ***Ризық.***

**ЫРЗА** ү с т . с ө й л . ***Риза.***

**Ырза болды. *Риза болды.***

**ЫРЗАЛАН=** е т. *Риза, разы болу.*

**ЫРЗАЛЫҚ** з а т . ***Ризалық*** *(көңіл толушылық, ризашылық, разы болушылық).*

**ЫРЗАШЫЛЫҚ** з а т . ***Ризашылық*** *(риза болушылық, ризалық).*

**ЫРҚЫ=** е т. ж е р г . *Лық толу.*

**ЫРҚЫЛ** з а т . *Ауыр денелі, семіз адамдардың күлгенде шығатын дыбысы.*

**ЫРҚЫЛДА=** е т. э к с п р . *Ырқ-ырқ ету, қырқылдау.*

**ЫРҚЫЛДАС=** е т. *Ырқ-ырқ етісу, қырқылдасу.*

**ЫРҚЫЛДАСУ** *Ырқылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРҚЫЛДАУ** *Ырқылда етістігінің қимыл атауы; ырқ-ырқ етіп, үздік-создық дыбыс шығару; қырқылдау.*

**ЫРҚЫШТЕК** з а т . ж е р г . *Реңі қызыл, майда жиде сияқтанған күзде пісетін ағашы тұттың ағашына ұқсас тікенекті жеміс.*

**ЫРУ-ТЫРУ** с ы н . ж е р г . *У-шу, ырду-дырду.*

**ЫРҚ-ЫРҚ** е л і к . **1.** *Семіз адамның күлгендегі дыбысын білдіретін сөз.* **2.** *Семіз адамның жүргендегі ырсылдап, ентігіп шыққан дыбысын білдіретін сөз.*

**Ырқ-ырқ етті.** *Денесін май басты, ірк-ірк етті.*

**ЫРСАЛА** з а т . *Қағида, нұсқау, кітапша.*

**ЫРСАЛАҚ** з а т . с ө й л . ***Ыржалақ.***

**ЫРСАЛАҚТА=** е т. с ө й л . ***Ыржалақта.***

**ЫРСАЛАҚТАУ** *Ырсалақта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСИ=** е т. **1.** *Тісін ақситып күлу, ыржию.* **2.** *Бір заттың жігі, аузы оқыс ашылып қалу, ақсиып көріну.* **3.** а у ы с . *Қорқынышты, сұрықсыз көріну.*

**ЫРСИТ=** е т. *Тісін ақситу, ыржиту.*

**ЫРСИТУ** *Ырсит етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСИЫП-ЫРСИЫП** ү с т . *Ақсиып-ақсиып, адырайып-бадырайып.*

**ЫРСИЮ** *Ырси етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСЫЛ** з а т . *Ауыр жұмыстан, ауырғаннан т.б. ауыр тыныс алғанда, алқынғанда шығатын дыбыс, ентігіс; ырс-ырс етушілік.*

**ЫРСЫЛДА=** е т. *Ырс-ырс етіп ентігу, алқыну.*

**ЫРСЫЛДАС=** е т. *Ырс-ырс етісу, алқынысу.*

**ЫРСЫЛДАСУ** *Ырсылдас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСЫЛДАТ=** е т. *Ентіктіру, ырс-ырс еттіру, алқындыру.*

**ЫРСЫЛДАТҚЫЗ=** е т. *Алқынтқызу, ентіккізу.*

**ЫРСЫЛДАТҚЫЗУ** *Ырсылдатқыз етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСЫЛДАТУ** *Ырсылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРСЫЛДАУ** *Ырсылда етістігінің қимыл атауы; алқыну, ентігу.*

**ЫРСЫҢДА=** е т. с ө й л . ***Ырси.***

**ЫРСЫҢДАУ** *Ырсыңда етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРС-ЫРС** е л і к . *Ырсылдаған, алқынған дыбысты білдіретін сөз.*

**Ырс-ырс етті**. *Дем алысы ауырлады, алқынды, ентікті.*

**ЫРШУ** *Ыршы етістігінің қимыл атауы; секіру, қарғу, ырғу.*

**ЫРШЫ=** е т. **1.** *Шұғыл секіру, қарғу.* **2.** *Ұстатпау, қолға түспеу.* **3.** а у ы с . *Ақтарылу, айтылу.* **4.** а у ы с . *Күтпеген іс-әрекетті, сөзді шошына қабылдау, жаратпау.*

**Ыршып түсті**. *Шоқ басып алғандай болды, шошып кетті.*

**ЫРШЫМАЛЫ** с ы н . *Ыршып түсетін.*

**ЫРШЫН=** е т. с ө й л . *Ыршып түсу, секіру.*

**ЫРШЫНУ** *Ыршын етістігінің қимыл атауы; ыршу.*

**ЫРШЫП-ЫРШЫП** ү с т . *Атқып-атқып.*

**ЫРШЫТ=** е т. *Секірту, қарғыту, ұшыру.*

**ЫРШЫТУ** *Ыршыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫЗДЫҚ** з а т . с ө й л . ***Ризық.***

**ЫРЫЗЫҚ** з а т . с ө й л . ***Ризық.***

**ЫРЫЗЫҚТЫҚ** з а т . с ө й л . ***Ризықтық*** *(нәсіптік, сыбағалық, үлестік).*

**ЫРЫҚ** з а т . **1.** *Өз қалауы, ыңғайы; ерік, ықтияр, билік.* **2.** *Жігер, қайрат.*

**Ырқына бағынды [көнді].** *Айтқанымен, ыңғаймен жүріп-тұратын болды.* **Ырқына бағындырды [жықты].** *Дегеніне көндірді, айтқанын істетті.* **Ырқына жібермеді [қоймады].** *Уысында ұстады, бетімен кетірмеді, дегеніне көндірді.* **Ырқынан шықпады [шыға алмады].** *Айтқанынан, ыңғайынан асып кете алмады.* **Ырқында [ырқымен] жүрді.** *Айтқанымен, ыңғайымен жүріп-тұратын болды.* **Ырық берді.** *Айтқанына, ыңғайына көнді.* **Ырық бермеді.** *Ырқына жібермеді, еркіне көнбеді, айтқанына жүрмеді.* **Ырыққа көнбеді [көнген жоқ].** а) *Біреудің айтқанына мойынсынбады, дегеніне жүрмеді.* ә) *Бас бермеді.* **Ырық күші.** с п о р т . *Жаттығулар мен жарыстар барысында белсенділігі арқылы байқалатын спортшының мінез-құлқы.*

**ЫРЫҚСЫЗ** с ы н . **1.** *Өз ырқы жоқ.* **2.** *Шамадан, ырықтан тыс, еріксіз.*

**Ырықсыз етіс**. л и н г в . *Істі істеуші белгісіз болып, бейтарап айтылатын етіс түрі.* **Ырықсыз зейін.** п с и х . *Еріктен тыс, санасыз түрде орындалатын әрекет.*

**ЫРЫҚСЫЗДАНДЫР=** е т. *Ырықсыз еттіру, біреудің, бір нәрсенің (оқиға, құбылыс) ырқынан, ықпалынан тыс қылдыру.*

**ЫРЫҚСЫЗДАНДЫРУ** *Ырықсыздандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫҚТА=** е т. *Қиястану, қырыстану.*

**ЫРЫҚТАНДЫР=** е т. с а я с и . *Қоғамдық, саяси қатынастарды оңтайландыру, үйлестіру.*

**ЫРЫҚТАНДЫРУ** *Ырықтандыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫҚТАНДЫРЫЛ=** е т. с а я с и . *Қоғамдық, саяси қатынастардың оңтайландырылуы, үйлестірілуі.*

**ЫРЫҚТАНДЫРЫЛУ** *Ырықтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫҚТАУ** *Ырықта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫҚТЫ** с ы н . *Ырқы, еркі күшті, тиянақты.*

**Ырықты зейін.** п с и х . *Саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалатын әрекет.* **Ырықты экономика.** э к о н . *Либералды экономика.*

**ЫРЫҚШЫЛ** с ы н . *Бостаншыл, еркін.*

**Ырықшыл басшы.** *Бағыныштыларына өз жұмысын бақылауға және міндетін таңдауға толық бостандық беретін басшы.*

**ЫРЫЛ** з а т . *Ит, қасқыр, т. б. айбат шеккенде шығаратын дыбысы.*

**ЫРЫЛДА=** е т. *Ыр-ыр етіп айбат шегу, тісін ақситу.*

**ЫРЫЛДАС=** е т. **1.** *Ыр-ыр етісу, айбат шегісу.* **2.** а у ы с . *Сөзге келу, керілдесу, ұрсысу.*

**ЫРЫЛДАСТЫР=** е т. **1.** *Айбат шегістіру.* **2.** а у ы с . *Ұрысып-таластыру, жанжалдастыру, керістіру.*

**ЫРЫЛДАСТЫРУ** *Ырылдастыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫЛДАСУ** *Ырылдас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тісін ақситып, айбат шегісу.* **2.** а у ы с . *Керілдесу, жанжалдасу, ұрысу.*

**ЫРЫЛДАТ=** е т. **1.** *Ыр-ыр еткізіп, айбат шектірту.* **2.** а у ы с . *Айтақтау, өшіріктіру, сөзін сөйлету.*

**ЫРЫЛДАТТЫР=** е т. *Тісін ақситтырып, айбат шектірту.*

**ЫРЫЛДАТТЫРУ** *Ырылдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫЛДАТУ** *Ырылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫРЫЛДАУ** *Ырылда етістігінің қимыл атауы; айбат шегіп, тісін ақситу.*

**ЫРЫМ** зат. **1.** *Жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, көне дәстүр.* **2.** *Жақсы ниетке негізделген нышана, көрініс.* **3.** пед. *Жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекет.*

**Ырымға жақсы.** *Жақсылықтың белгісі.* **Ырымға [ештеңе, түк] жоқ [қалмады, болмады].** *Атымен жоқ, түп-түгел жойылады.* **Ырым қылды [етті].** *Жақсылыққа жорыды.* **Ырымын жасады [істеді].** *Ретін істеді, нобайын жасады.*

**ЫРЫМДА=** ет. **1.** *Ырым ету, жақсылыққа жору.* **2.** жағымсыз. *Ниеті бұзылу, жаманшылыққа бастау, қаралық жасау.*

**ЫРЫМДАС=** ет. *Ырым етісу, жақсылыққа жорысу.*

**ЫРЫМ-ЖЫРЫМ** зат. сөйл. ***Ырым-сырым.***

**ЫРЫМСЫЗ** сын. **1.** *Кәдесіз, жосықсыз.* **2.** *Тұқсіз, дымсыз.*

**ЫРЫМ-СЫРЫМ** зат. *Әртүрлі әдет-ғұрып, жосық.*

**ЫРЫМ-СЫРЫМСЫЗ** сын. *Ешбір кәдесіз, жосықсыз.*

**ЫРЫМШЫ** зат. *Ырым ұстайтын адам.*

**ЫРЫМШЫЛ** сын. *Ырым ұстанғыш, салтшыл.*

**ЫРЫМШЫЛДАУ** сын. *Ырым ұстанғыштау, аздап ырымшыл.*

**ЫРЫМШЫЛДЫҚ** зат. *Ырымшыл болушылық, ырым еткіштік.*

**ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢ** зат. **1.** *Адамдар арасындағы бас араздық, кикілжің, ұрыс-талас.* **2.** *Керіс, тартыс, у да шу, айқай-ұйқай, шаң-шұң, берекесіздік.*

**Ырың-жырың болды.** а) *Ұрысып керісті, береке-бірлік қашты.* ә) *Берекесі кетті, сиырқұйымшақтанды, шырқы бұзылды.*

**ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢСЫЗ** сын. *Ың-дыңсыз, шусыз.*

**ЫРЫҢСЫҢ** зат. өс. *Дәрілік қасиеті зор өсімдік.*

**ЫРЫС** зат. **1.** *Адамды ұстем ететін, қуанышқа бөлейтін игілік, мерей, бақ, береке.* **2.** *Адамның талайына жазылған, бұйырған ішіп-жем, күнкөріс, несібе.* **3.** *Қымбат, қасиетті дүние, асыл зат.*

**Ырыс бітті [дарыды].** *Бақ-береке қонды.* **Ырыс дарыған.** *Бақ, құт қонған.* **Ырыс қонды.** *Бақ орнады.* **Ырыс қашты.** *Құт-берекесі кетті, ырыздығы кеміді.* **Ырысы бар.** *Бақ қонған, бағы ашылған.* **Ырысы бес елі.** *Бақ-құты, несібесі мол.* **Ырысы қайтты [кетті].** *Береке-байлығы шайқалды.* **Ырысы қалың.** *Дәулетті, бақ-береке қонған.* **Ырысын шашты.** *Ырысын рәсуа етті, бейберекет жұмсады.*

**ЫРЫС-БЕРЕКЕ** зат. *Берекелі байлық, молшылық.*

**ЫРЫС-ДӘУЛЕТ** зат. *Мол байлық, берекелі дәулет.*

**ЫРЫСҚАЛ** зат. жерг. *Ырыс, несібе.*

**ЫРЫС-НЕСІБЕ** зат. *Береке, құт, байлық.*

**ЫРЫССЫЗ** сын. *Ырысы жоқ, бақытсыз.*

**ЫРЫССЫЗДЫҚ** зат. *Ырысы жоқтық, бақытсыздық.*

**ЫРЫСТЫ** сын. **1.** *Ырыс-несібесі, байлығы, дәулеті мол. // Аузының салымы бар, бір нәрсе орала кеткіш, нәсіпті.* **2.** *Қазба, байлығы мол (жер, өлке).* **3.** *Бақ қонған.*

**ЫРЫСТЫЛЫҚ** зат. *Ырысы молдық, бақыттылық.*

**ЫС** зат. **1.** *Түтін тозаңынан пайда болатын қара күйе, дақ.* **2.** ауыс. *Ауыртпалық, кірбің, қаяу.*

**Ыс басты.** *Бір нәрсені ыс тұтып қарайтты.*

**ЫС[1]=** ет. жерг. *Нанды, қамырды жаю.*

**ЫС[2]=** ет. *Бір нәрсемен екінші нәрсені ысқылау.*

**ЫСҚА** зат. өс. *Тоғайда, ылғалды жерлерде топ-топ болып өсетін, басында ұлпілдегі бар, биіктігі 3-4 м-дей, қамыс тәрізді, бірақ іші қуыс емес, жылылық сүйгіш, қияқты өсімдік.*

**ЫСҚАТ** [ар. اسقاط] зат. діни. *Шариғат заңы бойынша, өлген адамның тіршілігінде жасаған «күнәсін кешу» үшін, оның ең жақын адамдарынан ақшалай, заттай алынатын салық; підия.*

**Ысқат оқу.** діни. *Марқұмның тіршіліктегі күнәсін басқа адам алуға тиісті жосын-жоралғы.*

**ЫСҚАУРЫН** зат. этн. *Киіз үй ағаштарын керекті қалыпқа келтіріп иіп және түзететін ағаш құрал.*

**ЫСҚАУЫР** зат. жерг. **1.** *Кереге, уық қарнына бедер түсіретін темір аспап.* **2.** ***Ысқаурын.***

**ЫСҚАЯҚ[1]** сын. **1.** *Өмірдің ащысын да, тұщысын да көріп ысылған, тіс қаққан, пысық.* **2.** *Әккі, айлакер, тәжірибелі.*

**ЫСҚАЯҚ[2]** сын. *Желі күшті ашық (күн).*

**ЫСҚАЯҚ[3]** сын. *Әбден ұсталған, көнетоз.*

**ЫСҚАЯҚТАН=** ет. *Суық рай білдіру, сұстану, ызғарлану.*

**ЫСҚАЯҚТАНУ** *Ысқаяқтан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚАЯҚТАУ** сын. *Пысықтау, жырындылау.*

**ЫСҚИТ=** ет. қарап. *Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ету, бөсу.*

**ЫСҚИТУ** *Ысқит етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫ** зат. сөйл. **1.** ***Ысқыш.*** **2.** *Күміс бетін жылтыратуға арналған былғарымен қапталған қайқы таяқша.*

**ЫСҚЫЛА=** ет. *Бір затты екінші затпен үйкеп ыспалау, қатты-қатты ысу.*

**ЫСҚЫЛАН=** ет. *Ыспалану, үйкеліну.*

**ЫСҚЫЛАНУ** *Ысқылан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫЛАП-ЫСҚЫЛАП** үст. *Бірнеше рет ысып, қайта-қайта ысқылап.*

**ЫСҚЫЛАС=** ет. *Ыспаласу, ысысу.*

**ЫСҚЫЛАСУ** *Ысқылас етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫЛАТ=** ет. *Ыспалату, ысыту.*

**ЫСҚЫЛАТУ** *Ысқылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫЛАУ** *Ысқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫЛТЫМ** сын. жерг. *Ыстық емес, жылы, жылымшы.*

**ЫСҚЫН** зат. өс. *Малға жұғымды шөптердің бір түрі.*

**ЫСҚЫР=** ет. **1.** *Ерінді шүйіру арқылы не тіл ұшын саусақпен қайыру арқылы өткір дыбыс шығару.* **2.** ауыс. *Желдің, боранның ұскіріп соғуы.* **3.** *Жыланның ысылдап айбат шегуі.* **4.** ауыс. *Қаһарлану, айбаттану, сұстану.* **5.** ауыс. *Зуылдау, суылдау.* **6.** ауыс. *Қатал болу, қатігездену.*

**ЫСҚЫРҒЫШ[1]** зат. сөйл. ***Ысқырық.***

**ЫСҚЫРҒЫШ[2]** сын. *Жақсы ысқыра білетін, қатты ысқыратын (адам).*

**ЫСҚЫРҒЫШТЫҚ** зат. *Ысқыра білетіндік.*

**ЫСҚЫРМА** зат. *Садақ оғының бір түрі.*

**ЫСҚЫРТ=** ет. **1.** *Зуылдатып қатты сілтеп сермеу, осып не тартып жіберу.* **2.** ауыс. сөйл. *Өтірік айту, соғып жіберу.* **3.** ауыс. *Өсек сөзді түйдек-түйдегімен зулату.*

**ЫСҚЫРТУ** *Ысқырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫРУ** *Ысқыр етістігінің қимыл атауы; тіс пен тілдің қатысымен үрлеп, қатты дыбыс шығару.*

**ЫСҚЫРЫҚ[1]** зат. **1.** *Ысқырғанда шыққан дыбыс, ұн.* **2.** *Жел қатты соғып, борап, азынағанда шыққан дыбыс, ұскірік.*

**ЫСҚЫРЫҚ[2]** зат. спорт. *Дыбыстап белгі беретін ысқыру құралы, ысқырғыш.*

**ЫСҚЫРЫН=** ет. **1.** *Ускірік шашу, қатты жел, дауыл тұру.* **2.** *Жыланның, айдаһардың ысылдап айбат шегуі.* **3.** *Сұстану, қатулану.*

**ЫСҚЫРЫНУ** *Ысқырын етістігінің қимыл атауы; айбаттану.*

**ЫСҚЫРЫС=** ет. *Еріннің, тіс пен тілдің қатысуымен қатты дыбыс шығарысу.*

**ЫСҚЫРЫСУ** *Ысқырыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСҚЫШ[1]** зат. муз. *Қобыз, скрипка тәрізді аспаптарды ысып ойнайтын қыл байланған жіңішке таяқша.*

**ЫСҚЫШ[2]** зат. жерг. *Еттің нанын жаятын құрал; оқтау.*

**ЫСПА[1]** зат. этн. *Киіз басқанда шиге шабақталып салынатын жүнді шиыршықтап ораған соң беліне байланатын арқан жіп.*

**Ыспа көрген.** *Ысылған, көргені-білгені мол.*

**ЫСПА[2]** зат. жерг. *Жазда атанға (өгізге, атқа) жегіп, шөп тасуға пайдаланылатын шалғын шөппен ыспа құм үстімен жүретін шананың бір түрі.*

**ЫСПАҒАН** зат. жерг. *Өткір қылыш.*

**ЫСПАЛА=** ет. **1.** *Қайта-қайта ысқылау, бірнеше рет ысу, сүрткілеу.* **2.** ауыс. *Қысымға алу, сынау.*

**ЫСПАЛАУ** *Ыспала етістігінің қимыл атауы; қайта-қайта ысқылау. // Қатты беттерді абразивті аспаппен өңдеу процесі*

**ЫСПАНДИЯР** сын. *Әккі, ысылған, ысқаяқ, кәнігі.*

**ЫСПАР** сын. **1.** *Қандай бір іске әбден төселген, ысылған.* **2.** жерг. *Шебер, ісмер, іскер.* **3.** *Пысық.*

**ЫСПАРА** зат. жерг. *Бас үйітетін ағаш.*

**ЫСПАРЛАН=** ет. жерг. *Әбден машықтану, төселу, ысылу.*

**ЫСПАРЛАНУ** *Ыспарлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСПАРЛЫҚ** зат. **1.** *Төселгендік, ысылғандық.* **2.** *Ісмерлік, іскерлік, шеберлік.*

**ЫСПАТ** [ар. اثبات] зат. *Айғақ, дәлел.*

**ЫССЫ** сын. жерг. **1.** *Қатты қызған, ыстық.* **2.** ауыс. *Қызу, қарқынды (жұмыс).*

**ЫССЫБАЛАУ** зат. жерг. *Ұнды суға салып, ішіне май қосып жасайтын тамақ.*

**ЫССЫЛА=** ет. *Ысып кету, ыстықтау.*

**ЫССЫЛАЙ** үст. жерг. *Ыстықтай.*

**ЫССЫЛАТ=** ет. *Ыстықтату, ысыту.*

**ЫССЫЛАТУ** *Ыссылат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫССЫЛАУ[1]** сын. *Ыссырақ, ыстықтау.*

**ЫССЫЛАУ[2]** *Ыссыла етістігінің қимыл атауы; ыстықтау.*

**ЫССЫЛЫҚ** зат. *Күйіп тұрғандық, ысып кеткендік, ыстықтық, қапырық.*

**ЫССЫЛЫ-СУЫҚТЫ** сын. **1.** *Бірде ыстық, бірде суық; ыстық-суығы аралас, ыстықты-суықты.* **2.** ауыс. *Жақсылы-жаманды, ауырлы-жеңілді.*

**ЫСТА=** ет. **1.** *Саба, күбілерді, соғым етін қайың, тобылғы сияқты ағаштардың түтініне ұстау, ыс сіңіріп дәмін сапаландыру.* **2.** *От жағып түтіндету.* **3.** ауыс. *Сіңіру, бекіту.* **4.** ауыс. *Жанын, жүрегін жаралау.*

**ЫСТАЛ=** ет. **1.** *Түтінге ұсталу, қақталу.* **2.** ауыс. *Ширатылу, шыңдалу, ысылу.*

**ЫСТАЛУ** *Ыстал етістігінің қимыл атауы; түтінге ұсталып, қақталу.*

**ЫСТАН** зат. сөйл. *Дамбал, шалбар, сым.*

**ЫСТАН=** ет. **1.** *Ыс тұтып, қара дақтану.* **2.** *Түтінге ұсталу, кептірілу, қақталу.*

**ЫСТАНУ** *Ыстан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСТАТ=** ет. *Сабаны, күбіні, соғым етін қайың, тобылғы сияқты ағаштардың түтініне ұстату, қақтату, кептірту.*

**ЫСТАТУ** *Ыстат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСТАУ** *Ыста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сақтау мерзімін ұзарту үшін өнімді (мыс, шұжық, ет, балық және т.б.) ыстаухатарында немесе үйде түтінге ұстау, не түтін сіңіру.* **2.** *Қымыз сақтайтын сабаны, күбіні түтінге ұстау.*

**ЫСТАУЛЫ** сын. *Ысталған, кептірілген.*

**ЫСТИЯ** зат. жерг. ***Шілия.***

**ЫСТЫ** сын. *Сіңісті болған.*

**ЫСТЫҚ[1]** сын. **1.** *Отқа қыздырылып, ысыған (ас, су).* **2.** *Қатты қызған, температурасы жоғарылаған (ауа райы).* **3.** ауыс. *Ардақты, қымбат, жақын.* **4.** ауыс. *Қызу сезімге толы, жалындаған, әсерлі. // Адам не мал денесіндегі қалыпты температураның ауырған кездегі көтерілуі, қызуы.*

**Ыстығы басылды.** сөйл. *Ыстығы қайтты, қалыпты температурағы түсті.* **Ыстығына күйіп, суығына тоңды.** *Жақсы-жаман күнінде бірге болды; бар қуаныш-қайғысына бірге ортақтасты.* **Ыстық**

**ботқадай жабысты.** *Желімдей жабысты.* **Ыстық бұлақтар**. *Ыстық қайнар, температурасы 50–90°C ыстық термальды су көздері (бұлақтар).* **Ыстық дерт.** *Ауыр қайғы.* **Ыстық жас.** *Сағынышты, өксік жас; күйінгеннен, қапаланғаннан шыққан көз жасы.* **Ыстық жүрек**. п о э т . *Сезімтал, мейірімді көңіл; албырт жас, жалынды жүрек.* **Ыстық жүректі.** *Қызу қанды, жігерлі.* **Ыстық көрді.** *Көзіне оттай басылды.* **Ыстық көрінді [тартты].** *Көзіне оттай басылды, қатты ұнады, жақын сезінді.* **Ыстыққа төзімді болат.** х и м . *Қыздыру процесі кезінде тотықтары* $(Cr, Fe)^2 O^3$, $(Al, Fe) O^3$ *қорғаныш қабыршықтарын түзетін элементтер қосылған болат.* **Ыстыққа ұрындырды.** *Аптапқа кезіктірді, ыстық күннің астында қалдырды, күн өткізді.* **Ыстық қоныс.** *Туған, өскен мекен, қадірлі, қасиетті ата жұрт.* **Ыстық құшақ.** *Жалынды, ынтық, құштар көңіл.* **Ыстық лебіз.** *Жалынды, ізгі тілек.* **Ыстық сәлем.** э к с п р . *Ерекше ықыласты, жақын көңілді, сағынышты білдіретін амандық тілеу сөздері.* **Ыстық су.** *Температурасы 37°С–тан 50°Сқа дейінгі су.* **Ыстық тартты.** *Қызықтырды, құмартты.* **Ыстық үй.** ж е р г . *Қабырғасын тастан, ағаштан, кірпіштен жасаған, сыртын сылаған қыста отыратын жылы үй.* **Ыстық шөл.** э к о л . *Жер су бетінен булану атмосфералық жауын-шашын мөлшерінен 40–80 есеге асып түсетін шөл.* **Ыстық ықылас білдірілді.** *Жақын, жақсы көңілі бар, тілектес екені көрсетілді, айтылды.* **Ыстық ішпеді.** *Жылы жұмсақ ас татпады.*

**ЫСТЫҚ**[2] з а т . в е т . *Арқа ісігінің шектен тыс ұлкейіп тырсылдып кетуі, ісік.*

**ЫСТЫҚҚҰРТ** з а т . т а м а қ . э т н . *Қайнап жатқан құртты құйып алып, май қосып сапырып, пайдаланылатын тағам.*

**ЫСТЫҚ-СУЫҚ** з а т . *Өмірдің ащысы мен тұщысы, қуанышы мен қасіреті.*

**Ыстық-суығына бірдей төзді [көнді].** *Жақсы-жаман күнінде бірге болды; бар қуаныш-қайғысына бірге ортақтасты; қиын-қыстау шақ пен қуанышты күнді бірдей мойнына алды.* **Ыстық-суықты көрген**. *Дүниенің бір қиыншылығын бастан кешкен, ащы-тұщының дәмін тартқан.*

**ЫСТЫҚТА=** е т. *Күн қызуынан не киімнің қалыңдығынан ыссылау, терлеу.*

**ЫСТЫҚТАЙ** ү с т . *Ыстық күйінде, ыстық қалпында, ыссылай.*

**Ыстықтай илемдеу.** к е н . *Үлкен ауыр құйма сом темірді қыздырып алған соң әмбебап орнақтың қарама-қарсы айналатын екі немесе бірнеше пішімбілігі арасына салып қақтап, қалыңдығы әртүрлі қаңылтыр шығару процесі.*

**ЫСТЫҚТАТ=** е т. *Ыссылату, терлету, жандыру.*

**ЫСТЫҚТАТУ** *Ыстықтат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСТЫҚТАУ**[1] с ы н . **1.** *Ыстығырақ, ыссылау.* **2.** а у ы с . *Қымбаттырақ, сүйкімдірек.*

**ЫСТЫҚТАУ**[2] *Ыстықта етістігінің қимыл атауы; ыссылау, терлеу.*

**ЫСТЫҚТЫҚ** з а т . **1.** *Ыстық болушылық, ысып кеткендік.* **2.** а у ы с . *Қымбаттық, ардақтылық.*

**ЫСТЫҚТЫ-СУЫҚТЫ** ү с т . *Ыстық-суық күйінде, күтімсіз.*

**ЫСТЫР=** е т. *Ысқылату.*

**ЫСТЫРУ** *Ыстыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСУ**[1] *Ыс етістігінің қимыл атауы; ысқылау.*

**ЫСУ**[2] *Ысы етістігінің қимыл атауы; ауа, су т.б. температурасының жоғарылап, ыстық болуы.*

**ЫСШЫ** з а т . *Күбі, саба, етті ыстаушы адам; ыс салушы.*

**ЫСЫ=** е т. **1.** *Ауа температурасының жоғарылап ыстық болуы; күйіп кету.* **2.** *Адам денесінің қызуы; ыссылау.*

**ЫСЫЛ** з а т . *Желдің, жыланның, т. б. ысылдаған үні, ысқырығы.*

**ЫСЫЛ=** е т. *Жұмысқа, іске төселіп қалыптасу, шырау.*

**ЫСЫЛДА=** е т. **1.** *Ысылдаған дыбыс шығару, ыс-ыс ету.* **2.** *Атылған оқтың, қатты екпінмен лақтырылған заттың ұшқан кезде суылдаған дыбыс шығаруы.* **3.** *Жыланның айбат шегіп ысқыруы.* **4.** *Желдің уілдеп соғуы, ысқыруы. // Теңіз суының толқығанда шуылдаған дыбыс шығаруы).*

**ЫСЫЛДАҒЫШ** с ы н . *Ыс-ыс еткіш.*

**ЫСЫЛДАҚ: ысылдақ шүрегей.** з о о л . <лат. anas crecca> *Басы қоңыр, екі бүйірі жасыл жолақты, жемсауы сарғылт дақты өзен үйректерінің ең кіші түрі.*

**ЫСЫЛДАП-ПЫСЫЛДАП** ү с т . *Алқынып-жұлқынып, ентігіп.*

**ЫСЫЛДАТ=** е т. *Ысылдаған дыбыс шығарту, ыс-ыс еткізу.*

**ЫСЫЛДАТУ** *Ысылдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫЛДАУ** *Ысылда етістігінің қимыл атауы; ысылдаған дыбыс шығару, ыс-ыс ету.*

**ЫСЫЛДЫР=** е т. *Шираттыру, төселдіру.*

**ЫСЫЛТ=** е т. *Ширату, төселту.*

**ЫСЫЛТУ** *Ысылт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫЛУ** *Ысыл етістігінің қимыл атауы; ширау, қалыптасу, төселу.*

**ЫСЫЛЫҢҚЫРА=** е т. **1.** *Бір іске, қызметке төселіңкіреу, қалыптасыңқырау.* **2.** а у ы с . *Еті ояз тарту, самдағайлану.*

**ЫСЫЛЫҢҚЫРАУ** *Ысылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫН=** е т. **1.** *Адам денесінің қызынуы, ыссылануы, дене қызуының көтерілуі.* **2.** а у ы с . *Көңілі алабұрту, әлем-жәлем болу.*

**ЫСЫНДЫР=** е т. **1.** *Ыссыландыру, ыстықтату.* **2.** а у ы с . *Ыстық сезімге бөлеу, құштыру, құшағына алдыру.*

**ЫСЫНДЫРУ** *Ысындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫНУ** *Ысын етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫҢҚЫРА=** е т. *Аздап ысы түсу.*

**ЫСЫҢҚЫРАУ** *Ысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫР=** е т. **1.** *Бір затты өзіне қарай не өзінен ары қарай сырғыту, қозғау.* **2.** *Қағып-соғу, итермелеу.* **3.** *Орнын ауыстыру, алмастыру.* **4.** а у ы с . *Жер аудару, ығыстыру.* **5.** *Шеттету, бөлектеу.* **6.** а у ы с . *Кедергі, қиыншылықты жеңу, мойымау.*

**Ысыра салу.** *Белгілі бір мәселені орындауды басқа біреуге итере салу, арта салу, міндеттеу.*

**ЫСЫРАЖИҒЫШ** з а т . к ә с . *Шабылған шөпті жинайтын ауылшарушылық мәшинесі; сүйретпе.*

**ЫСЫРАП** [ар. اسراف ] з а т . **1.** *Шашылып-төгілуден, қырсыздықтан болатын зиян, шығын.* **2.** э к о н . *Қарамағына заңды негіздерде түскен ақшаны немесе өзге мүлікті адамның заңсыз пайдаланушылық.*

**Ысырап болды.** *Төгіліп шашылды, бейберекет рәсуә болды; ұстағанның қолында кетті.* **Ысырап қылды [жасады].** *Төгіп шашты, бейберекет рәсуә етті.* **Ысырап қылушылық.** *Дүние-мүліктің қадірін білмей, орынсыз шашушылық.*

**ЫСЫРАПҚОР** с ы н . *Ысырапқа жол беретін (адам).*

**ЫСЫРАПҚОРЛЫҚ** з а т . *Байлықты, ақшаны шашып-төгіп ұстаушылық, шашылушылық.*

**Ысырыпқорлыққа ұшырады.** *Ысырап болды, төгіліп-шашылды.*

**ЫСЫРАПСЫЗ** ү с т . *Шашып-төкпей, шығынсыз.*

**ЫСЫРАПТА=** е т. *Төгіп-шашып рәсуалау, шығындау.*

**ЫСЫРАПТАУ** *Ысырапта етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫРАПШЫЛ** с ы н . *Ысырапқа жол бергіш, ысырапқор.*

**ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ** з а т . *Орынсыз шашылушылық, ысырапқорлық.*

**ЫСЫРҒЫЗ=** е т. *Сырғыткызу.*

**ЫСЫРҒЫЗУ** *Ысырғыз етістігінің қимыл атауы; сырғытып қозғау.*

**ЫСЫРҒЫШ** з а т . *Бір затты ысырып жинайтын еңбек құралы.*

**ЫСЫРҒЫШТЫҚ** з а т . *Ысыра білетіндік, ысырғандық.*

**ЫСЫРМА**[1] з а т . с у ш а р . *Құбырдан аққан сұйықты тоқтату, ағызу үшін және сол жердегі сұйық ағысын реттеуге, сонымен қатар құбырдағы сұйықтықтың артық тегеурінін кемітуге арналған тетік.*

**ЫСЫРМА**[2] з а т . к е н . **1.** *Жерасты жұмыстарында – кен массасын көсіп алуда, ауыстыруда және түсіруде қолданылатын түпсіз шөміш немесе қырғыш.* **2.** *Ашық кен жұмыстарында – таужыныстарды қабат бойынша көсіп алу, ауыстыру және оны қабат жасап немесе бірге түсіру жұмыстарын орындайтын, циклді жұмыс істейтін шөмішті ұлгідегі өздігінен жүретін жер қазатын көліктік мәшине.* **3.** *Тіркеме көліктің түрі.*

**Ысырма қондырғысы**. к е н . *Пайдалы қазылымдарды және таужыныстарды тазартып қазып алуға және дайындық кен қазбаларында тасымалдауға арналған қондырғы.*

**ЫСЫРМА**[3] з а т . ж е р г . *Ұзарту, қысқарту үшін айылбасқа тағылған қайыс.*

**ЫСЫРМАЛА=** е т. *Астықты, қарды, т.б. ысырғышпен не күрекпен ысырып жинау.*

**ЫСЫРМАЛАУ** *Ысырмала етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫРМАЛЫ** с ы н . *Ысырылып қойылатын, сырғымалы.*

**ЫСЫРМАЛЫҚ** с ы н . *Ысырма жасауға арналған, соған тән.*

**Ысырмалық шығыр.** *Үңгубетте ысырмамен кен массасын ысырмалап тасымалдайтын құрылғы.*

**ЫСЫРТ=** е т. *Бір затты ары не бері сырғытқызу.*

**ЫСЫРТУ** *Ысырт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫРУ** *Ысыр етістігінің қимыл атауы; сырғыту, қозғау.*

**ЫСЫРУЛЫ** с ы н . *Ысырылып қойылған, сырғытулы.*

**ЫСЫРЫЛ=** е т. **1.** *Сырғытылу, түсу.* **2.** а у ы с . *Шеткерілену, қағыс қалу, жылжу.*

**ЫСЫРЫЛМАЛЫ** с ы н . *Ары-бері қозғауға қолайлы, сырғытпалы, жылжымалы.*

**ЫСЫРЫЛУ** *Ысырыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сырғытылу, жылжу.* **2.** к е н . *Жарылып бөлшектенген жыныстардың бір бөлігінің екіншісімен салыстырғанда горизантал бағытта ғана орын ауыстырып, тік (вертикал) бағытта ешбір өзгеріссіз қалуы.*

**ЫСЫРЫЛЫҢҚЫРА=** е т. *Отырған орнынан сырғыңқырау.*

**ЫСЫРЫНДЫ** з а т . *Ысырылған зат, нәрсе. // Ысырылатын, жылжымалы.*

**Ысырынды конус.** с у ш а р . *Тау баурайларындағы жыралардың, сайлардың немесе аңғарлардың етегіне уақытша немесе тұрақты ағын сулар тасып әкелген борпылдақ сынық жыныстардан тұратын жер бедерінің пішіні.*

**ЫСЫРЫЛЫҢҚЫРАУ** *Ысырылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫРЫҢҚЫРА=** е т. *Ысыра түсіңкіреу, сырғытыңқырау.*

**ЫСЫРЫҢҚЫРАУ** *Ысырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

**ЫС-ЫС** е л і к . *Қайта-қайта ысылдап, ысқырынған дыбысты білдіретін сөз.*

**Ыс-ыс етті**. *Ысылдаған дыбыс шығарды, ысқырды.*

**ЫСЫТ=** е т. **1.** *Дене қызуын көтеру, ыссылату.* **2.** *Суып, демін алып қалған тағамды, шәйді қайта отқа қойып жылыту, қыздыру.* **3.** а у ы с . *Ішті өртеу, күйдіру, көкірегін қарс айыру.*

**ЫСЫТПА** з а т . ж е р г . ***Безгек.***

**ЫСЫТТЫР=** е т. *Ысытқызу, ыстық күйге келтірту, отқа қыздыртқызу.*

**ЫСЫТТЫРУ** *Ысыттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫТУ** *Ысыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫТЫЛ=** ет. *Қыздырылу, отқа қойылу, ыстық күйге келтірілу.*

**ЫСЫТЫЛУ** *Ысытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫСЫТЫС=** ет. *Қыздырысу, отқа қойысу.*

**ЫСЫТЫСУ** *Ысытыс етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТ=** ет. **1.** *Тұрған жерінен шұғыл қозғалу, зытып кету.* **2.** *Аңның, малдың үркіп ала қашуы, атып, ыршып кетуі.* **3.** *Қатты қорыққаннан, қобалжығаннан, көңіл-күйдің бұзылуынан көзден жастың бырқ етіп, ыршып шығуы.* **4.** ауыс. *Аузына ие бола алмай қалу, еріксіз, байқаусыз шығып кету.*

**ЫТҚУ** *Ытқы етістігінің қимыл атауы; атқу.*

**ЫТҚЫ=** ет. **1.** *Шұғыл қимылдау, ыту.* **2.** *Бырқ ету, ыршып шығу.*

**ЫТҚЫЛА=** ет. *Ытқып-ытқып шығу, ыршу.*

**ЫТҚЫЛАУ** *Ытқыла етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТҚЫТ=** ет. *Зуылдату.*

**ЫТҚЫТУ** *Ытқыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТУ** *Ыт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТЫЛ=** ет. *Атқылу, ытқытылу.*

**ЫТЫЛУ** *Ытыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТЫРУ** *Ытыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТЫРЫЛ**= ет. *Атқу, ытқу, ытылу.*

**ЫТЫРЫЛУ** *Ытырыл етістігінің қимыл атауы.*

**ЫТЫРЫН[1]=** ет. *Біреуді жақтырмаған пішін көрсету; тыжырыну, жирену.*

**ЫТЫРЫН[2]=** ет. **1.** *Ытқу, атқу.* **2.** ауыс. *Асығу, тоқтамау.*

**ЫТЫРЫНУ** *Ытырын етістігінің қимыл атауы.*

**ЫША-ЫША** од. *Есекті тоқтатарда, тұрғызарда айтылатын одағай сөз.*

**ЫШҚЫ** зат. *Талап, іс, өнер.*

**ЫШҚЫН** зат. жерг. өс. *Шашақты, түсі қызыл болып шығатын түбірлі өсімдік.*

**ЫШҚЫН=** ет. **1.** *Күш көрсету.* **2.** *Бір нәрсеге қапа болып, күйінішін шығару, ашыну.* **3.** *Ашулану, ашу шақыру, ызбарлану.* **4.** *Қатты шөлдегеннен сусынды (қымыз, шұбат), шайды құмарлана ұрттау, сораптап ішу.* **5.** *Жанына батқаннан, жаны қиналғаннан күшене ыңқылдау.* **6.** *Қатты боранның, дауылдың ысқырыната соғуы.* **7.** *Үрейі ұшу, зәре-құты қалмай тұра қашу, алды-артына қарамай зыту.* **8.** *Толғақ қысып қиналғаннан жан даусы шығу.* **9.** *Бар дауыспен айғай салу, шыңғыру.* **10.** *Барын салу, аянбау.* **11.** *Жаны қиналу, жаны мұрнының ұшына келу.* **12.** *Қатты күш салу, күшену.*

**ЫШҚЫНДЫР=** ет. *Қатты күш салдыру.*

**ЫШҚЫНДЫРУ** *Ышқындыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЫШҚЫНТ=** ет. *Күшенту, бар күшті салдыру, ышқынғызу.*

**ЫШҚЫНТУ** *Ышқынт етістігінің қимыл атауы.*

**ЫШҚЫНУ** *Ышқын етістігінің қимыл атауы.*

**ЫШҚЫНЫС** зат. *Күшенген, ышқынған әрекет.*

**ЫШҚЫР** зат. *Іш киім, шалбарлардың бау, белдік тағылатын жері, мықындық.*

**ЫШҚЫРЛАН=** ет. *Көйлек етегін шалбардың ішіне жіберу, шалбарлану.*

**ЫШҚЫРЛАНУ** *Ышқырлан етістігінің қимыл атауы.*

**ЫШҚЫРЛЫҚ** зат. сөйл. ***Ышқыр.***

**ЫШТАН** зат. *Бұтқа киетін, ұзын балақты кең іш киім, дамбал.*

**ЫШТАНДЫ** сын. *Бұтында ыштаны бар.*

**ЫШТАНСЫЗ** сын. *Ыштаны жоқ, жалаң бұт.*

**ЫШТАНСЫЗДЫҚ** зат. *Ыштаны жоқтық.*

**ЫЮ-ҚЫЮ** зат. *У да-шу, азан-қазан, айқай.*

# І

**І** лингв. *Жіңішке, қысаң, езулік дауысты дыбыс және сол дыбысты таңбалайтын әріп.*

**ІБЛІС** [ар. ابليس] зат. **1.** діни. *Адамды пәлеге жолықтыратын азғырушы, жын-шайтан, пері.* **2.** ауыс. *Дұрыс бағыттан тайған, азғын, жексұрын, әзәзіл адам.*

**ІГІР: ігір де жоқ, мігір де жоқ.** *Ай-шай жоқ, бір ауыз айтпастан.*

**ІЖДАҒАТ** [ар. اجتهاد] зат. **1.** *Бір нәрсені істеуге ұмтылушылық, бейіл қоюшылық.* **2.** *Ынта, жігер, талап, зейін.*

**ІЖДАҒАТСЫЗ** сын. *Ынтасыз, жігерсіз, талапсыз.*

**ІЖДАҒАТСЫЗДЫҚ** зат. *Ынтасы болмаушылық, талап білдірмеушілік.*

**ІЖДАҒАТТА=** ет. *Ынталану, зейін салу, қадалау.*

**ІЖДАҒАТТАУ** *Іждағатта етістігінің қимыл атауы.*

**ІЖДАҒАТТЫ** сын. *Ықылас-зауқы бар, бейілді; ынталы, талапты, зейінді.*

**Іждағатты оқушы.** пед. *Сабаққа ынта-ықыласымен зейін қоятын оқушы.*

**ІЖДАҒАТТЫЛЫҚ** зат. *Ынталылық, талаптылық, зейінділік.*

**ІЖДАҺАТ** зат. сөйл. ***Іждағат.***

**ІЖДӘТ: іждәт қылды.** *Іждағат етті, талап қылды, зейін қойды.*

**ІЖДИҺАТ** зат. ескікіт. ***Іждағат.***

**ІЗ** зат. **1.** *Адам, мал, аң, т.б. аяғының жерге түскен таңбасы, басқан жерде қалған дақ.* **2.** *Таптап кеткен жол, соқпақ, ұшбырынды.* **3.** ауыс. *Белгілі бір бағыт, бағдар.* **4.** ауыс. *Бір нәрсенің белгісі, нышан.* **5.** заң. *Криминалистикада тар мағынада бір объектінің таңбасы, келбеті (қолдың, аяқтың, тістің ізі және т.б.); кең мағынада «қылмыстың ізі» деген ұғымға, оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қираған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты айналада болған өзгерістердің бәрі.*

**Із аңдығыш.** а) *Ізін қадағалағыш, соңына түскіш.* ә) жағымсыз. *Бақталасқыш, табалағыш, қадамын бағып мінегіш.* **Із аңдыды [бақты, кесті.** *Соңына түсті, жолын тосты, торыды.* **Ізге түспеді.** *Құдаламады, біреудің жолын қумады.* **Ізге түсу.** а) *Соңына түсу, жүрген жолы бойынша жүріп отыру.* ә) спорт. *Велошабандоздар бәсекесінің бір түрі, жекелей және команда болып тректе жарысу (қашықтық 4 км).* **Ізге шөп салу.** *Аң ізін, мал ізін қуғандар ізден адасып қалмау үшін іздің жер бетіне түскен таңбасына шөп салып өлшеу атайды.* **Іздің ақпараттылығы.** заң. *Іздің із қалыптастырушы объектідегі және із қалыптастырушы механизмі туралы өзіндегі ақпараттық мәліметтерді сақтауы және жеткізуі.* **Із жасырды.** а) заң. *Қылмысты істің, ұрлықтың айғағын таптырмайтын етті.* ә) *Көзден бұлбұл ұшты, көрінбей қалды.* б) *Жалт берді, ұстатпай кетті.* **Із жеткізуші объект.** заң. *Із табылған барлық объектілер мен субъектілер.* **Із жоғалтты.** а) *Ұрланған малдың із-түзі білінбеді, ізінен адастырды.* ә) *Із-түзін таптырмады, жүрген жолынан адастырып кетті.* б) ауыс. *Істеген қылмысын жасырды, бүркеді.* **Із кесу.** *Қылмыскерді іздеу, ізіне түсу, соңына түсу.* **Із кесті.** *Ізіне түсіп аңдыды, іздеді.* **Із кесуші.** *Қылмыскердің соңына түсіп аңдушы адам.* **Із қалды.** а) *Соңында мұрагер боларлық тұяқ бар, перзенті бар деген мағынада.* ә) *Істеген ісінен белгі қалды.* **Із қалдырды.** а) *Мұрагер боларлық тұяғы болып, ұрпақ жалғастырды.* ә) *Пайдалы іс, үлгі-өнеге көрсетті, ұмытылмас игілік жасады.* **Із суытпай.** *Көп кешіктірмей, көп күттірмей.* **Із түсті.** а) *Жаңа жауған қарды басқаннан, табанының ізі қалды.* ә) *Біреудің, бір нәрсенің болғанын білдіретін белгі қалды.* **Із шалды.** *Аңның ізіне түсті, із кесті.* **Ізі жоғалу.** *Көрінбей, білінбей кету, орны да қалмау.* **Ізі кетпеді.** *Ұмытылмады, естен шықпады.* **Ізін ала.** *Артынша, көп ұзамай.* **Ізін аңду.** *Соңына түсу, жолын тосу, тору.* **Ізін басар.** ***Ізбасар.*** **Ізін басты.** *Біреудің ісін одан әрі жалғастырды.* **Ізіне ерді.** *Соңына ерді.* **Ізінен адасты.** *Ізін жоғалтып алды.* **Ізінен қалмады.** *Соңына түсті, жолын торыды.* **Ізінен қиыс кетпеді.** *Өкшелей соңынан қалмады.* **Ізіне түсті.** а) *Ілесе жүріп отырды; соңына түсті, қуды.* ә) *Арам ниетпен аңдыды, біреудің соңынан түсті, құдалады.* **Ізін сабақтады.** жерг. *Дереу іздеу салды, қолма-қол тексеруге алды.* **Ізін сақтады.** *Аялады, қамқор болды.* **Ізін суытты.** *Ат ізін салмай хабарсыз кетті, ұшті-күйлі жоғалды, жасырынды.* **Ізін шығарып алды.** *Барымталап алды (көбіне жылқы малы туралы айтылады).* **Ізіне [соңына шырақ алып] түсті.** а) *Қыр соңынан қалмады, көз жазбай бақты да отырды.* ә) *Құдалады, қуғын-сүргінге ұшыратты.* **Ізіне түсу.** әск. *Толық жою мақсатында шегінуші қарсыласқа жасалған шабуыл [ізіне түсу алға жылжудың жоғарғы қарқынына жетуге, қарсыластың қапталы мен тылына шығуға, қолайлы шептерді басып алуға мүмкіндік береді].* **Ізі өшті.** *Ешбір белгісі қалмады, жадыдан өшті, ұмыт болды.* **Ізі суыды.** *Жоғалды, ұмыт болды.* **Ізі суымады.** а) *Көп кешікпеді, ұзаққа созылмады, болғанына ұзақ уақыт өтпеді.* ә) *Әніміне дегенше, дереу.*

**ІЗАШАР** зат. *Белгілі бір істі алғашқы болып қолға алушы, оның әрі қарай дамуына жол ашушы.*

**ІЗБАСАР** зат. *Өзінен бұрынғылардың соңынан ілесуші, соның жолын ілгері апарушы, жалғастырушы.*

**ІЗБАСАРЛЫҚ** зат. *Өзінен бұрынғының ісін ілгері апарушылық, алға бастырушылық, ізбасар болушылық.*

**ІЗБЕ-ІЗ** үст. *Бірінен соң бірі, бірінің ізін бірі басып.*

**ІЗГІ** сын. **1.** *Адал, ақ, игі.* **2.** *Парасатты, иманды, ақ тілекті. // Ізгі жақсылар.* **3.** *Қуанышты, жақсылықты.*

**Ізгі арман.** *Көңіл түкпіріндегі ақ, адал, таза ой, мақсат.* **Ізгі дұға қылды.** *Алғыс, жақсылық, тілектестік білдірді.* **Ізгі жол.** *Ел үшін, жер үшін, т.б. қастерлі дүние үшін алынған бет-бағдар.* **Ізгі құлық.** көне. *Таза, пәк, адал ниет.* **Ізгі ой.** *Жақсы ниет, жарқын ой, ақ тілек.* **Ізгі тілек.** *Риясыз шын көңілмен айтылған жақсы тілек.*

**ІЗГІЛЕНДІР=** ет. *Жақсарту, мейірлендіру, адамшылық, адамсүйгіш қарым-қатынастарға жетектеу.*

**ІЗГІЛЕНДІРУ[1]** зат. құқық. *Адамсүйгіштік негіздегі жеке адамның құқықтарының басымдығын қамтамасыз ету.*

**ІЗГІЛЕНДІРУ[2]** *Ізгілендір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗГІЛІК** зат. **1.** *Қайырымдылық, жақсылық.* **2.** *Имандылық, мұсылмандық, тазалық.* **3.** *Адамсүйгіштік, адамгершілік, адамдық, адамға пайда келтіретін ізгі ой, іс, ниет.* **4.** филос. *Адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстардың мұратқа қатысты жағымды адамсүйгіштік, адамгершілік мәнін бейнелейтін моральдық сананың негізгі жалпы ұғымдарының бірі.*

**Ізгілік білім беру.** пед. *Оқушыларға ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде білім беру.* **Ізгілік көмек.** әлеум. экон. *Үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар арқылы, сондай-ақ басқа елдер мен аймақтардың жеке адамдары тарапынан мұқтаж халыққа (мысалы, дүлей апаттан зардап шеккен халыққа) көрсетілетін қайтарусыз көмек.* **Ізгілік тәрбиесі.** пед. *Ұрпақты құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға тәрбиелеу.*

**ІЗГІЛІКТІ** сын. **1.** *Жақсылығы мол, игілікті.* **2.** *Тәрбиелі, ұлағатты.*

**ІЗДЕ=** ет. **1.** *Бір нәрсені табу үшін әрекет ету, сұрастыру, іздестіру, бару.* **2.** *Жоқтау, қажет ету, керексіну.* **3.** *Аңсау, аңсары ауу, құмарту, сағыну.* **4.** *Бір нәрсені білуге тырысу, талпыну, талаптану.*

**Іздегенге сұраған.** *Бір-біріне сайма-сай, лайық.* **Іздеген мақсұты.** *Ойлаған мақсаты, арманы, талпынған, ұмтылған мүддесі.*

**ІЗДЕГІШ** сын. **1.** *Көп іздейтін, іздемпаз.* **2.** *Көңілі бір нәрсеге ауып тұратын, тыныш отыра алмайтын.*

**ІЗДЕГІШТІК** зат. *Көп іздейтіндік, іздемпаздық.*

**ІЗДЕЛ=** ет. *Қарастырылу, іздестірілу, табуға талаптанылу.*

**Ізделетін нәтиже.** инф. *Мәліметтерді іздестіру немесе өңдеу бағдарламасының орындалу нәтижесі.*

**ІЗДЕЛУ** *Ізідел етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗДЕМПАЗ** сын. *Ізденімпаз, ізденуден жалықпайтын, ізденгіш.*

**ІЗДЕМПАЗДЫҚ** зат. *Көп ізденушілік, ізденгіштік, талаптанушылық.*

**ІЗДЕН=** ет. *Бір нәрсені білуге әрекеттену, талаптану.*

**ІЗДЕНГІШ** сын. *Көп ізденетін, іздемпаз.*

**ІЗДЕНГІШТІК** зат. *Көп ізденушілік, іздемпаздық.*

**ІЗДЕНДІР=** ет. *Бір нәрсені білуге тырыстыру; талаптандыру, талпындыру.*

**ІЗДЕНДІРУ** *Ізденідір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗДЕНТ=** ет. *Талпынту, ұмтылту.*

**ІЗДЕНТУ** *Іздент етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗДЕНУ** *Ізден етістігінің қимыл атауы.* **1.** құқық. *Сот шешіміне риза болмаған жақтың басқа жолдарды қарастыруы.* **2.** *Оқу, білім, ғылыми танымын кеңейту жолында көп еңбектену, оқу, ұмтылу.*

**ІЗДЕНУШІ** зат. **1.** ғыл. *Бекітілген ғылыми тақырып бойынша зерттеу жұмысымен айналысушы, соңына түсіп іздеуші, зерттеуші.* **2.** *Айыбын жеңілдету үшін біреудің ісін қуушы.*

**ІЗДЕНУШІЛІК** зат. **1.** *Шығармашылық жұмыспен айналысудағы жаңалыққа ұмтылушылық, іздеушілік, зерттеушілік.* **2.** *Ғылыми жұмыстағы зерттеушілік.*

**ІЗДЕНІМПАЗ** сын. сөйл. *Жаңалыққа жаны құмар, бір орында тоқтап қалмайтын, талапшыл, еңбекқор.*

**ІЗДЕНІМПАЗДЫҚ** зат. сөйл. *Еңбекқорлық, жаңалыққа құмарлық.*

**ІЗДЕНІС** зат. ғыл. *Ғылыми және шығармашылық жұмыстардағы тынбай еңбектенушілік, зерттеушілік.*

**Ізденіс жұмыстары.** сушар. *Мелиорациялау кезіндегі техникалық, экономикалық және экологиялық жағдайларын жан-жақты анықтау кезінде әртүрлі су объектілерінің көрсеткіштерін толық зерттеу.*

**ІЗДЕС=** ет. **1.** *Бір істің жолын, айла-амалын қарастыру.* **2.** *Біреудің жоғын табуға жәрдемдесу.* **3.** *Қажет қылысу, керек етісу.* **4.** *Сағынысу, біріндірі жоқтасу.*

**ІЗДЕСТІР=** ет. *Бір нәрсені табу жолын қарастыру.*

**ІЗДЕСТІРУ** *Іздестір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір мәселенің шешілу жолдарын қарастыру.* **2.** заң. *Жасырынған күдіктіні не қылмыскерді табуға әрекеттену.* **3.** *Кен орындарын табуға әрекеттену, зерттеу.*

**Іздестіру аймағы.** инф. <ағыл. search domain> *Элементтерінің арасында іздестіру жүргізілетін жиын.* **Іздестіру белгісі.** инф. <ағыл. search word> *Іздестіру жағдайында операнд ретінде пайдаланылатын файл жазбасындағы өріс.* **Іздестіру дәлдігінің көрсеткіші.** инф. *Пайдаланушыға берілген релеванттық құжаттар санының берілген құжаттың толық санына (ішінде релеванттық емес құжаттар болуы мүмкін) қатынасымен анықталатын құжаттық ақпараттық-іздестіру жүйелері сапасының семантикалық көрсеткіші.* **Іздестіру жеделдігі.** инф. <ағыл. search operativeness> *Мәліметтерді тез іздестіруді жасақтайтын бағдарламаның немесе жүйенің қасиеті.* **Іздестіру командасы.** инф. <ағыл. search command> *Мәтінде бірнеше рет кездесетін сөзді немесе сөздер тіркесін автоматты түрде іздестіру процедурасын іске асыратын команда.* **Іздестіру құрылымы.** инф. <ағыл. search structure> *Сұраныста берілген шарт бойынша мәліметтердің ішкі жиынын жылдам іздестіруді жасақтайтын мәліметтер құрылымы.* **Іздестіру мәзірі.** инф. <ағыл. search menu> *Дисплей экранына шығарылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйе жұмысының баламалы режимдерінің жинағы.*

**ІЗДЕСТІРІЛ=** ет. *Қарастырылу.*

**ІЗДЕСТІРІЛУ** *Іздестіріл етістігінің қимыл атауы; қарастырылу.*

**ІЗДЕСУ** *Іздес етістігінің қимыл атауы; табуға көмектесу.*

**ІЗДЕТ=** ет. **1.** *Іздеу салдырту.* **2.** *Сағындырту, зар қылу.* **3.** *Сұрау салдырту, жоқты сұрау.*

**ІЗДЕТТІР=** ет. **1.** *Сағындырту, аңсаттыру.* **2.** *Қарастырту, таптырту.* **3.** *Сұраттыру, іздеу салдырту.*

**ІЗДЕТТІРУ** *Іздеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗДЕТУ** *Іздет етістігінің қимыл атауы.*

**ІЗДЕУ**[1] *Ізде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарастыру, табу.* **2.** *Жоқты табуға әрекеттену.* **3.** *Жоқтау, керексіну.*

**Іздеу салды.** *Із-түзсіз жоғалып кеткен адамды сұрастыру, хабарландыру арқылы іздестірді.* **Іздеу салу.** құқық. *Жоғалған адамдарды немесе жасырынған қылмыскерді, күдіктіні іздестіру үшін хабарландыру, құлақтандыру жасау.*

**ІЗДЕУ**[2] зат. **1.** инф. <ағыл. searching, retrieval> *Орындау нәтижесі берілген тақырып бойынша сақтауыш құрылғыда сақталған мәліметтерді таңдап алуға болатын операциялардың, әдістер мен процедуралардың жиынтығы.* **2.** әск. *Бөлімшенің (топтың) тұтқындарды алу, құжаттар мен қару-жарақ үлгілерін басып алу мақсатында белгіленген объектіге жасырын түрде және кенеттен шабуыл жасауымен жүргізілетін әскери барлау тәсілі.* **3.** *Әскери-әуе күштерінде қарсыластың әуедегі ұшақтарын немесе маңызды жер үсті объектілерін табу мен жоюдағы жеке ұшақтың немесе ұшақтар тобының өзіндік іс-қимылы.* **4.** *Ғарышта түсірілетін ғарыштық аппараттарды табу, экипаждарға және оларды эвакуациялауда көмек көрсету.* **5.** *Шекара әскерлерінде іздеу шекара әскерлері бөлімдері мен бөлімшелерінің іс-қимыл түрі.*

**Іздеудің гидрохимиялық көрсеткіштері.** геол. *Табиғи сулардың минералдандығын көрсететін құрамбөліктер мен көрсеткіштер.* **Іздеудің түпшаймалау әдісі.** геол. *Пайдалы қазбаларды іздеудің түпшайманың минералдық құрамын зерттеуге негізделген әдісі.* **Іздеу стансылары.** *Радиостанциялардың түрі мен азимутын, радиолокациялық станциялар мен қарсыластардың радионавигациялық жүйелерін жұмысы кезінде радиосәулелерін қабылдау арқылы анықтауға арналған арнайы радиоқабылдағыш қондырғы.*

**ІЗДЕУСІЗ** сын. *Ешкімге қажетсіз, сұраусыз.*

**ІЗДЕУШІ** зат. **1.** *Бір нәрсені тауып алуға талаптанушы кісі, іздейтін адам.* **2.** *Жоқтаушы, түгендеуші.*

**ІЗДЕУШІЛІК** зат. **1.** *Шығармашылықтағы ізденіс.* **2.** *Кен орындарын іздеп табушылық.*

**ІЗДІ** сын. *Ізі бар, із салатын.*

**Ізді құрамдар.** әск. *Жер үсті, теңіз және әуе нысаналарына атқанда оқтың, снарядтың, басқа да оқ-дәрілердің көрінетін (түнде де, күндіз де) траекториясын жасауға арналған пиротехникалық (атыстық, түтіндік) құрамдар.* **Ізді оқ.** әск. *Атысты реттеуге және нысананы көрсетуге арналған оқ (снаряд).*

**ІЗДІК** сын. *Басқанда із түсетіндей.*

**ІЗЕКЕШ** зат. жерг. *Керексіз суды ағызып жіберетін арық, канал.*

**ІЗЕТ** зат. этн. *Қазақ халқының жасы үлкеннің, сыйлы адамның алдында сақтайтын әдеп, сыпайылық, кішіпейілділігі.*

**Ізет етті.** *Ибалық жасап, әдеп сақтады, құрмет білдірді.* **Ізетке құрық бойламас.** *Көрсетілген құрмет, сый-сияпатқа аса риза болған жағдайда айтылатын ізет көрсетудің шегі болмайды деген мағынадағы сөзқолданыс.* **Ізет көрсетті.** *Әдептілік білдірді, сыпайылық етті.* **Ізетпен шығарып салды.** *Құрметпен, сыйлап шығарып салды.* **Ізет сақтады.** *Әдеп сақтады, тәрбиелілік көрсетті.* **Ізет тұтты.** *Құрметтеді, сыйлады, қадірледі.*

**ІЗЕТТІ** сын. *Әдеп сақтағыш, инабатшыл, тәрбиелі, сыпайы, биязы.*

**ІЗЕТТІЛІК** зат. **1.** *Әдептілік, сыпайылық, биязылық.* **2.** этн. *Үлкенге құрмет (алдынан өтпеу, алдымен сөйлемеу, айтқанына мән беру, құлақ асу, амандық сұрау т.с.с.), кішіге ілтипат (қамқорлық, кішіпейілділік, кешірімшіл болу т.с.с.) көрсететін қазақ халқының ұлттық мінез сипаты.* **3.** пед. *Қоғамдағы қалыптасқан этикалық тәртіпті бұлжытпай орындаушылық, өнегелілік, үлгілілік, қарапайымдылық.*

**ІЗЕТСІЗДІК** сын. *Әдепсіздік.*

**ІЗЕТШІЛ** сын. *Ізет тұтып тұратын, әдепшіл, ізет сақтағыш.*

**ІЗЕТШІЛДІК** зат. *Ізет сақтағыштық, сыпайыгерлік.*

**ІЗЕТШІЛІК** зат. *Ізет тұтқыштық, сыпайылық, кішіпейілділік.*

**ІЗКЕСУШІ** зат. заң. *Күдіктінің соңына түсіп, қылмысын ашушы, қылмысын айғақтайтын мәлімет жинаушы.*

**ІЗНӘР** үст. жерг. *Тіпті.*

**ІЗНҰСҚА** зат. геол. **1.** <лат. relictum> *Көне дәуірлердің қалдығы түрінде сақталған ағзалар.* **2.** *Метаморфизм немесе метасоматоз процестері барысында жаңадан қалыптасқан туынды минералдар аралығында арагідік байқалып қалатын, осы таужыныстың өзгергене дейінгі болмысын құрған бастапқы минералдардың жұрнақтары.*

**Ізнұсқа минералдар.** геол. *Өздері құрамына енген шөгінді таужыныстардан әлдеқайда бұрын қалыптасқан минералдар.*

**ІЗСІЗ** сын. **1.** *Ізі жоқ, ізі түспеген.* **2.** ауыс. *Белгісіз, хабарсыз.* **3.** ауыс. *Есте боларлық бірдеңе қалдырмай; атауға тұрғысыз. .*

**ІЗ-ТОЗСЫЗ** сын. жерг. ***Із-түзсіз.***

**Із-тозсыз жоқ болды.** сөйл. *Із-түзсіз жоқ болды.*

**ІЗ-ТҮЗ** зат. *Дерек, хабар, белгі.*

**ІЗ-ТҮЗСІЗ** үст. *Дерексіз, хабар-ошарсыз, белгісіз.*

**ІЗШІ** зат. *Ізге түсіп іздеуші, әскери маман.*

**ІЗШІЛ** сын. *Ізге түскіш, ізімен тапқыш.*

**Ізшіл ит.** *Табуға тиісті нысанның жүрген жолын тез аңғартатын, ізкесушілік жұмыстарына үлкен пайдасы бар, соған арнайы үйретілген ит.*

**ІЗШІЛДІК** зат. *Ізге түскіштік, ізімен тапқыштық.*

**ІЗІМ-ҚАЙЫМ** үст. *Із-түзсіз, жым-жылас, зым-зия.*

**Ізім-қайым жоғалды.** *Зым-зия жоқ болды, дерексіз кетті.*

**ІЗІНШЕ** үст. *Артынша, іле-шала, кідіріссіз, тез арада.*

**ІКМАТ** зат. ескікіт. *Ыждағат, ұқыптылық.*

**ІЛ=** ет. **1.** *Қандай да бір затты бір нәрсеге асу, көлденең, көлбеу тұрған нәрсеге қою.* **2.** *Есіктің тиегін (ілгегін) салу, бекіту.* **3.** *Қыран құстың жемін уыстауы, бүруі, көтеріп әкетуі.* **4.** ауыс. *Сөзбен қағыту, іліп-шалу.* **5.** ауыс. *Үстіне кию, жамылу.*

**Іліп алар.** а) *Өңі бүтін (киім), тәуір (зат).* ә) *Жарамды, жібі түзу, іске татыр.* **Іліп алды.** *Алдыңғы қатарлы, айтарлықтай.* **Іліп алып кетеді.** *Оп-оңай меңгеріп кетеді, тез игереді.* **Іліп әкетті.** а) *Жып еткізіп, көз ілестірмей алып кетті.* ә) *Сөзін, ісін қоштай кетті, мақұлдады; жалғастырды.* **Іліп жалағандай.** а) *Тамақты дәмді қылып, құмар қылатындай етіп пісіргенде айтылатын сөз.* ә) *Үй ішінің тап-түйнақтай жиналып тұрғанын көргенде айтылатын сөз.* **Іліп кетті.** а) *Ұрлап кетті, жымқырды.* ә) *Сөзбен сынады, мінеді.* б) *Алып кетті.* **Іліп қақты.** *Сөзбен шалып өтті, қағытты, кекетті.* **Іліп салып.** *Тез арада, бас салып, жылдам.*

**ІЛАН** зат. өс. жерг. *Қатқыл жерде шығатын тамыр-тамыр жеміс.*

**ІЛӘЙІМ** үст. сөйл. *Әмсе, дәйім, үнемі, әрқашан.*

**ІЛӘМ** зат. жерг. *Негіз, қисын.*

**ІЛӘМСІЗ** сын. жерг. *Негізсіз, қисынсыз.*

**ІЛБЕ** зат. көне. *Сырт киім, тон.*

**ІЛБИ=** ет. *Үзіліп кетердей ілмию, ілініп тұру.*

**ІЛБИТ=** ет. *Ыңыршағын шығару, жүдету.*

**ІЛБИТУ** *Ілбит етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛБИЮ** *Ілби етістігінің қимыл атауы; арып-ашып, жүдеп-жадап, әрең-әрең қозғалу.*

**ІЛБУ** *Ілбі етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛБІ=** ет. **1.** *Әрең-әрең қозғалу, жүру, баяу қимылдау. // Әлсіреп, әрең-әрең.* **2.** *Әлі құру, демі жетпеу, әлсіреу.*

**ІЛБІ** <лат. vulpia> зат. өс. *Сабағы тышқанның құйрығы сияқты жіңішке әрі жұмыр, нәзік өсімдік.*

**ІЛБІК** сын. жерг. ***Ілбиген.***

**ІЛБІС** зат. зоол. *Мысық тұқымдас жыртқыш аң.*

**Ілбіс тон.** этн. *Ел арасында «барыс», «қабылан», «қар қабыланы» деп түрліше аталатын терісі өте бағалы аңның терілерінен беттестіріп яки бір қабат терілердің жүнін сыртына қаратып, астарлап тіккен тон түрі.*

**ІЛБІС=** ет. *Әрең жүру, баяу қозғалысу.*

**ІЛБІСУ** *Ілбіс етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛБІСІН** зат. зоол. ***Ілбіс.***

**ІЛБІТ=** ет. *Әрең қозғалту, жүргізу, әлсірету.*

**ІЛБІТУ** *Ілбіт етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕК**[1] зат. **1.** *Есік, терезе сияқты ашылатын нәрселерді бекітіп қоятын темірден жасалған тиек.* **2.** *Бір нәрсенің шетін, киім өңірлерін жалғастыратын, байланыстыратын тетік (түйме, ілгек, түйреуіш және т.б.).* **3.** *Күрмеп байланған жіп; киімнің түймелеуге, ілгек, қыстырғыш бекітуге арналған ойығы.* **4.** жерг. *Көйлек қақпағының астында темірден соқтырып жасаған салпыншақ.*

**ІЛГЕК**[2] зат. жерг. *Иінағаш, су ағаш.*

**ІЛГЕКТЕ=** ет. *Ілгегін салу, бекіту.*

**ІЛГЕКТЕЛ=** ет. *Бекітілу.*

**ІЛГЕКТЕЛУ** *Ілгектел етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕКТЕУ** *Ілгекте етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕКТІ** сын. *Ілгегі бар.*

**ІЛГЕКТІК** сын. кіт. *Ілгекке негізделген.*

**Ілгектік құрылым.** геол. *Серпентиннің айқасып жатқан жолақтарынан құралған ілгектерден тұратын құрылым.*

**ІЛГЕРГІ** үст. *Бұрынғы, бір кездегі, ертедегі.*

**Ілгергі ойысым.** геол. *Ұзақ қашықтықтарға саналанатын (әдетте 1000 км-ден астам), көлденең қимасы жалқы пішінді, платформа мен қатпарлы таулы құрылымның аралық белдемінде, яғни бұрынғы геосинклиндік атырап орнында пайда болатын, моласса қабаттарымен және әртүрлі магмалық таужыныстармен көмкерілген ойыс құрылым.*

**ІЛГЕРІ** үст. **1.** *Алға, алдыңғы жаққа.* **2.** *Озық, алдыңғы қатарда.* **3.** *Алға қарай.* **4.** *Болашаққа, алдағы өмірге.* **5.** *Артық.* **6.** жерг. *Бұрын, ертерек.*

**Ілгері басқан аяғы кейін кетті.** *Ісі оңалмады, ісін қырсық шалды.* **Ілгері басқанның иті оттайды.** *Бағы жүріп, дәулеті асқан кісінің барлық ісі сәтті болады, бар дүниесінің оралымы кеп тұрады.* **Ілгері басты.** а) *Алға басты, жылжыды, ілгеріледі.* ә) *Дамыды, жетілді, өркендеді.* **Ілгері бастырды.** *Алға шығарды, дамытты.* **Ілгері басу.** кіт. *Даму, жетілу.* **Ілгері көз салды.** *Болашақты бағдарлады.*

**ІЛГЕРІДЕ** үст. *Ертеде, бұрынғы кезде.*

**ІЛГЕРІ-КЕЙІН** үст. *Арлы-берлі, біресе алға, біресе кейін.*

**ІЛГЕРІ-КЕЙІНДІ** үст. *Біресе ілгері, біресе кейін, шұбатылған.*

**Ілгері-кейінді қозғалыс.** кен. *Мәшинелердің, аппараттардың кейбір бөлшектерінің атқаратын жұмысы процесінде ілгері-кейінді қозғалыс жасауы.*

**ІЛГЕРІЛЕ=** ет. *Алға қарай жүру, ілгері басу.*

**ІЛГЕРІЛЕМЕЛІ** сын. *Алға қарай, жетілген.*

**ІЛГЕРІЛЕН=** ет. *Алға қарай озыңқырау.*

**ІЛГЕРІЛЕНУ** *Ілгерілен етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕРІЛЕТ=** ет. *Алға шығарту, алға бастырту, оздырту.*

**ІЛГЕРІЛЕТУ** *Ілгерілет етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕРІЛЕУ**[1] сын. *Сәл ілгері, ілгерірек.*

**ІЛГЕРІЛЕУ**[2] *Ілгеріле етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕРІЛІ-КЕЙІНДІ** үст. **1.** *Арлы-берлі, ілгері-кейін.* **2.** *Бұрын-соңды, әр кезде.*

**ІЛГЕРІНДІ** сын. *Алға жылжитын.*

**Ілгеріңді ықпал.** лингв. *Түбір мен қосымша және сөз бен сөз аралығында қатар келген дауыссыздардың алдыңғысының кейінгісіне тигізетін ықпалы өзіне ұқсас дыбысқа алмастыруы.*

**ІЛГЕРІРЕК** сын. *Алға таман.*

**ІЛГЕШЕК** зат. жерг. **1.** *Баскиім, көйлек және т.б. ілуге арналған тақта немесе баған, ілгек.* **2.** *Ілгек.*

**ІЛГЕШЕКТЕ=** ет. *Ілгегін салу, бекіту.*

**ІЛГЕШЕКТЕЛ=** ет. *Ілгешек салыну.*

**ІЛГЕШЕКТЕЛУ** *Ілгешектел етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕШЕКТЕН=** ет. *Біріне-бірі ілінісу, ұштасу.*

**ІЛГЕШЕКТЕНУ** *Ілгешектен етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕШЕКТЕУ** *Ілгешекте етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГЕШЕКТІ** сын. *Ілгешегі бар.*

**ІЛГІЗ=** ет. **1.** *Затты, киімді ілгекке, көлденең затқа астыру, қою.* **2.** саят. *Саят құсына аң, құс алдырту.* **3.** ауыс. *Үздіру, алғызу.*

**ІЛГІЗУ** *Ілгіз етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГІР** сын. *Іліп алғыш, ілгіш.*

**ІЛГІШ**[1] зат. **1.** *Белгілі бір затты іліп қоятын нәрсе, ілгек.* **2.** *Ашылып-жабылып тұратын нәрселерді, есікті бекітіп қою үшін жасалған тиек.* **3.** жерг. *Түйреуіш.*

**ІЛГІШ**[2] сын. *Іліп түскіш, қағып алып кететін, ілгір.*

**ІЛГІШЕК** зат. *Жүріп-тұрған іс-әрекеттің жолында кездесетін қырсық, оралғы, бөгет.*

**ІЛГІШТЕ=** ет. *Бірінен соң бірін ілу, қайталап ілу.*

**ІЛГІШТЕН=** ет. *Ілінісу, ұрсысу.*

**ІЛГІШТЕНУ** *Ілгіштен етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГІШТЕУ** *Ілгіште етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛГІШТІК** зат. *Іліп алғыштық, ілінгіштік.*

**ІЛДАЛДА** сын. *Қажетке әрең жарап тұрған, жоқтан бар; нашар.*

**ІЛДАЛДАЛА=** ет. *Ептеп-септеу, бірдеңе етіп амалдау.*

**ІЛДАЛДАЛАУ** *Ілдалдала етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛДЕБАЙЛА=** ет. жерг. *Өйтіп-бүйту, оғып-бұғу, амалдау.*

**ІЛДІР=** ет. **1.** *Саят құсының, қыран құстың жемін ұстауы, бүріп, көтеріп әкеттіруі.* **2.** *Есіктің ілгегін салдырту, бекіту.* **3.** ауыс. *Тақтаға құлақтандыру, хабарландыру жапсырту.* **4.** *Кірді жайдырту, арқанға астырту.* **5.** ауыс. *Алдыру, ұстату.* **6.** ауыс. *Тоқтату.* **7.** ауыс. *Көтерту, ұшырту.*

**ІЛДІРТ=** ет. **1.** *Қыран құсқа бүрдірттіру, алдырту.* **2.** *Затты астырту.*

**ІЛДІРТУ** *Ілдірт етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛДІРУ** *Ілдір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛДІРІК**[1] зат. *Сақтаған кезде спорт құралдарын немесе басқа заттарды орналастыратын жабдық* (Спорт).

**ІЛДІРІК**[2] зат. жерг. **1.** *Есіктің ілгегі.* **2.** *Құлып.* **3.** *Түйме.*

**ІЛЕ**[1] зат. жерг. *Малдың ауруы.*

**Іле сасыры.** өс. <лат. ferula iliensis> *Шатыргүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктің эндемик түрі.*

**ІЛЕ**[2] үст. *Артынша, тез, шапшаң, көп кідіртпей, қолма-қол.*

**Іле тарту.** спорт. *Қарсыласының алда тұрған аяғын сыртынан қағып, шабуыл жасаушының аяғын кейін жоғары көтеретін әдіс.*

**ІЛЕГЕН** зат. жерг. **1.** *Ас салатын тайпақ табақ.* **2.** *Шылапшын, кірлен.*

**ІЛЕКЕР** зат. *Аяққа не үстіне іліп алуға жарайтын нәрсе, ілдалда.*

**ІЛЕКЕРЛЕ=** ет. *Бір нәрсенің амалын тауып, ілиндіріп қою, ілекер ету.*

**ІЛЕКЕРЛЕУ** *Ілекерле етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛЕКЕШ** зат. жерг. ойын. ***Әйкел.***

**ІЛЕК-ІЛЕК** сын. сөйл. ***Лек-лек.***

**ІЛЕМ** зат. *Негіз, қисын, рет.*

**ІЛЕ-ПАРА** үст. жерг. *Ілініп-салынып.*

**ІЛЕРЛІК** сын. *Пайда түсірерлік, олжа қыларлық.*

**ІЛЕС=** ет. **1.** *Біреудің не бір нәрсенің соңынан қалмай бірге жүру, еріп жүру.* **2.** *Ойы, идеясы сәйкес адамдарға, топқа қосылу.* **3.** ауыс. *Ұласу, жалғасу.* **4.** ауыс. *Бір нәрсеге, біреуге елігу, берілу.*

**Ілесе алмады.** *Қатарласа, бірге жүре алмады; шаңында қалып қойды.*

**ІЛЕС**[1] зат. малдәр. жерг. *Ауру, дерт, сырқат.*

**ІЛЕС**[2] зат. жерг. *Нан пісіретін үлкен төрт бұрышты қаңылтыр.*

**ІЛЕСКІЗ=** ет. *Соңынан ерткізу.*

**ІЛЕСКІЗУ** *Ілескіз етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛЕСПЕ** сын. *Қоса берілетін немесе соңынан еріп отыратын.*

**Ілеспе аударма.** *Бір мазмұнды, хабарды бірнеше тілде табан аузында түсіндіріп тұратын синхронды аударма.* **Ілеспе газ.** *Кен қазу, мұнай және т.б. отын өңдеуде шығатын қалдық түріндегі өндірістік газдар.* **Ілеспе газ.** *Мұнай өндіруде қосыла шығатын газ.* **Ілеспе серуен.** пед. *Оқыту-әдістемелік мақсатта мұғалімнің сабақты сыртта табиғат аясында, өндірісте көрсете, түсіндіре жүріп өткізу әдісі.* **Ілеспе элементтер.** экол. *Қосалқы элементтер терминінің синонимі.*

**ІЛЕСПЕХАТ** зат. ресми. *Бірнеше құжат тізімдемемен берілгенде немесе т.б. жағдайда мекеменің тізімді немесе т.б. растау үшін берілетін құжаты.*

**ІЛЕСТІР=** ет. **1.** *Соңынан еріттіру.* **2.** ауыс. *Еліктіру, құмарттыру.*

**ІЛЕСТІРУ** *Ілестір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛЕСУ** *Ілес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Соңынан еру.* **2.** *Біреулерге қосылу, топ болу.* **3.** *Заман ағымынан қалмау.*

**ІЛЕ-ШАЛА** үст. *Көзді ашып-жұмғанша, лездің арасында, артынша, тезбе-тез, кідіріссіз, бірінен соң бірі, жедегабыл.*

**ІЛЕШЕК** зат. жерг. *Қарт кісілердің басынан мойнына дейін жауып тұратын баскиімі.*

**ІЛКІ**[1] сын. *Бұрынғы, осыған дейінгі, алғашқы, әуелгі, ілгергі.*

**Ілкі ағза.** биол. *Бұрын тірі тіршілік иелері болмаған өңірге бірінші болып қоныстанып, өзінің тіршілік қарекетімен қауымдастық үшін немесе ең болмағанда басқа түрлер ағзалардың келіп мекендеуі үшін орта дайындайтын микроағзалар, өсімдіктер түрі.* **Ілкі түр.** *Тіршіліктен ада табиғи не антропогендік текті өңірлерді тұңғыш мекендеуші түр.*

**ІЛКІ**[2] үст. жерг. *Ылғи, ұдайы.*

**ІЛКІДЕ** үст. *Алғашқыда, о баста.*

**ІЛКІМ** сын. жерг. *Тез.*

**ІЛКІМДІ**[1] сын. жерг. *Ұшқыр, жүйрік.*

**ІЛКІМДІ**[2] сын. **1.** *Іскер, тапқыр, жігерлі. // Іскер, пысықай адам, топ.* **2.** *Орайлы, сайлы. // Қолындағы, қол астындағы.*

**ІЛКІМДІЛІК** зат. *Жігерлілік, тапқырлық, іскерлік.*

**ІЛМЕ**[1] зат. сөйл. ***Ілгек.***

**ІЛМЕ**[2]**: ілме шам.** *Жарық беру үшін бірнеше лампасы бар аспалы шам; тармақты шамдал.*

**Ілме қосақ.** этн. *Екі малды қосақтап байлаған не жіптің ұшын шешілуге оңай болсын деп ілмектей байланған арқан.*

**ІЛМЕ**[3] зат. тамақ. жерг. *Быламық, сүтке ұн салып қант қосып пісіретін тамақ.*

**ІЛМЕ**[4] зат. жерг. *Тұтас туырлықтан бөлек, кішкена туырлық.*

**ІЛМЕҒАЙЫП** сын. **1.** *Аласапыран, қиын кез.* **2.** *Негайбыл.*

**ІЛМЕК** зат. **1.** *Бір нәрсені іліп қоятын немесе іліп әкететін имек ілгіш.* **2.** сөйл. *Есіктің құршегі, ілгек.* **3.** *Малға, құсқа салынатын бұғалықтың, тұзақтың дөңгелек басы.* **4.** *Тік беткеймен жоғары қарай өрмелегенде альпинистің саусақтарымен жармаса алатын жартастағы кішкене төмпешіктер.*

**ІЛМЕКТЕ=** ет. *Шарт байламай, ілмек етіп байлау.*

**Ілмектеп байлау.** *Бау-жіптің бір басын дөңгелектеп бір нәрсеге ілінетіндей етіп бекітетін байлаудың түрі.*

**ІЛМЕКТЕЛ=** ет. *Байлану.*

**ІЛМЕКТЕЛУ** *Ілмектел етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕН=** ет. ауыс. **1.** *Торға түсу, түрмеге түсу.* **2.** *Шатасу, байланысу.*

**ІЛМЕКТЕНУ** *Ілмектен етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕС=** ет. **1.** *Айқасу.* **2.** ауыс. *Байланысу.*

**ІЛМЕКТЕСТІР=** ет. **1.** *Айқастыру, қабыстыру.* **2.** *Ұштастыру.*

**ІЛМЕКТЕСТІРУ** *Ілмектестір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕСУ** *Ілмектес етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕТУ** *Ілмектет етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕУ** *Ілмекте етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛМЕКТЕУЛІ** сын. *Ілінген, іштен бекітілген.*

**ІЛМЕКТІ** сын. ***Ілгекті.***

**ІЛМЕЛЕ=** ет. *Әзілдеу, қалжыңдау.*

**Ілмелеп тігу.** кәс. *Сырт пішіні ілме бізбен орындаған кестеге ұқсайтын тігу тәсілі.*

**ІЛМЕЛЕН=** ет. *Ілмешектену, түрілу.*

**ІЛМЕЛЕС=** ет. *Әзілдесу, қалжыңдасу.*

**ІЛМЕЛІ: ілмелі жаулық.** жерг. *Жиектерін кестелеген, шашақты жаулық.*

**Ілмелі көйлек.** жерг. *Етек-жеңі ілме оюмен өрнектелген көйлек.*

**ІЛМЕТІКЕН** зат. өс. жерг. *Сабағының биіктігі бір қарыстай тікен.*

**ІЛМЕТІКЕН** зат. өс. *Қырлы, адырлы жерлерге шығатын, биіктігі бір қарыстай, басында үлкендігі сұлы дәніндей тікені болатын өсімдік.*

**ІЛМЕШЕК** зат. сөйл. ***Ілгек.*** **1.** *Іліп қоятын нәрсе.* **2.** *Бекітетін тиек.*

**ІЛМЕШЕК** зат. өс. <лат. caucalis> *Шөл жерлерде өсетін тікендерінің ұшы қармақ тәрізді өсімдік.*

**ІЛМЕШЕКТІ** сын. *Ілмешегі бар, ілгекті.*

**ІЛМИ=** ет. *Әбден арықтау, жүдеу, еті қашу, шілмию.*

**ІЛМИЮ** *Ілми етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛТАМАС** зат. *Ар, өтініш, ұсыныс.*

**ІЛТИМАС** [ар. التماس] зат. *Сөз, өтініш.*

**ІЛТИПАТ** [ар. التفات] зат. *Біреуге деген жақсы ниет, риясыз көңіл; назар, ықылас, пейіл, ниет.*

**Ілтипатқа алмады.** *Көзге ілмеді, назар аудармады.* **Ілтипатпен мақтады.** *Ерекше риясыз көңілмен жақсы сөздер айтты.* **Ілтипат сақтады.** *Әдеп бұзбады, құрмет көрсетті.* **Ілтипатына бөленді.** *Ізет, құрметке кенелді.*

**ІЛТИПАТСЫЗ** үст. *Ілтипат көрсетпей.*

**ІЛТИПАТТЫ** сын. **1.** *Әдепті, кішіпейіл, биязы.* **2.** пед. *Әр құбылысқа ықылас қоятын, үлкеннің сөзін тыңдай біліп, сыйласымдық көрсететін, жақсылыққа назар аудару, жақсылық жасаған адамға ризашылық, әдептілік көрсететін.*

**ІЛТИПАТТЫЛЫҚ** зат. *Әдептілік, кішіпейілділік, биязылық, ықыластылық, игі ниеттілік.*

**ІЛТИПАТШЫЛ** сын. *Жақсылықтың қадірін білетін; кішіпейіл.*

**ІЛТИПАТШЫЛДЫҚ** зат. ***Ілтипаттылық.***

**ІЛТИФАТ** зат. ескікіт. ***Ілтипат.***

**ІЛУ**[1] зат. этн. **1.** *Құдандалы адамдардың бір-біріне сыйға тартатын, құрмет үшін беретін заттары, тарту.* **2.** *Күйеудің қайын-жұрты келгенде беретін тарту-таралғысы, киіті.* **3.** *Жаңа түскен келінді есік көрсетуге шақырған үйге ала баратын тарту, сыйлық.*

**Ілуге салу.** этн. *Келіннің сыйлығы.*

**ІЛУ**[2] зат. спорт. *Күресте балуанның тізесімен орап немесе табанының үстімен қарсыласының аяғын өзіне қарай тартып, не тіреп ұстау әдісі.*

**ІЛУ**[3] *Іл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені жоғары асу, қыстыру.* **2.** *Алып қашу.* **3.** *Қыран құстың жемін көтеріп әкетуі.*

**ІЛУДЕ** үст. *Өте сирек, анда-санда, оқтатекте, кейде.*

**Ілуде біреу [бір].** *Некен-саяқ, анда-санда, оқта-текте, мыңда бір.*

**ІЛУДЕ-ШАЛУ** үст. жерг. *Сирек.*

**ІЛУЛІ** сын. *Ілініп қойылған, ілінген.*

**ІЛУПАРАНДА** үст. жерг. *Ілуде бір, сирек.*

**ІЛУ-ШАЛУДА** үст. сөйл. *Кей кезде, кейкейде, анда-санда, оқта-текте.*

**ІЛУШІ** зат. *Ілу ісін істеуші, ілетін адам.*

**ІЛІГУ** *Ілік етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІГІС=** ет. *Сөзге келу, жанжалдасу.*

**ІЛІГІСУ** *Ілігіс етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІК**[1] зат. **1.** *Жекжаттық байланыс, көңіл жақындық.* **2.** *Жақын-жұрағат, таныс.* **3.** *Біреумен ілінісу ісі; шатақ, бүлік, әлек.*

**Ілік болды.** *Құда-жекжат болып, келісті кісілер болды.* **Ілік қылды [жасады].** *Не болса соны сылтауратты.* **Ілік септік.** лингв. *Қазақ тіліндегі жеті септіктің бір затың, не адамның біреуге қатысы бар екенін білдіретін түрі.* **Ілік тақты.** *Кінә қойды, айыптады.* **Ілік іздеді.** *Ілінісе кетер шатақ іздеді, құды.*

**ІЛІК**[2] зат. жерг. *Білім.*

**ІЛІК=** ет. **1.** *Белгілі бір жерге, межеге жету, келу.* **2.** *Іліну, оралу.* **3.** *Ұласу, жалғасу.* **4.** *Ілесу, жабысу.* **5.** *Біреудің қармағына түсу, кіріптар болу.* **6.** *Бір нәрсені қолмен ұстау, олжаны бөлу.* **7.** *Бір заттың бір нәрсеге ілінуі.*

**ІЛІКБЕЛБЕУ** зат. спорт. *Әдейі жасалған төбедегі ілмектерге өткізілген, қапталдарында екі жібі бар белбеу.*

**ІЛІК-ЖІЛІК** зат. *Жақын-жұрағат.*

**ІЛІККІШ** сын. *Іліге беретін, ілігетін.*

**ІЛІКПЕ** зат. *Іліп қалатын нәрсе.*

**Ілікпе сөз.** а) *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін қақпайлау.* ә) театр. *Екінші актер сөзін жалғастырып айта жөнелуге керекті бірінші актердің соңғы сөзі.*

**ІЛІКТЕС** сын. **1.** *Байланысты, сабақтас.* **2.** ауыс. *Ілік-шатысы бар, аралас.*

**ІЛІКТЕСТІК** зат. **1.** *Араласы барлық, байланыстылық.* **2.** *Орайластық, үйқастық.*

**ІЛІКТІР=** ет. **1.** *Ііндіру, жеткізу.* **2.** *Кездестіру, алдыру.* **3.** *Ұстау, бөгеу.*

**ІЛІКТІРГІЗ =** ет. *Жеткіздіргізу.*

**ІЛІКТІРГІЗУ** *Іліктіргіз етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІКТІРУ** *Іліктір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІК-ШАТЫС** зат. *Бір-бірімен жақындық, байланысы барлық.*

**Ілік-шатыс болды.** *Ілік-шатыстығы ат-шапанға жүрді.*

**ІЛІК-ШАТЫСТЫ** сын. *Бір-бірімен аралас, байланысты, алыс-берісті.*

**ІЛІК-ШАТЫСТЫҚ** зат. *Байланысы барлық, жақындық, қарым-қатынастық.*

**ІЛІМ**[1] зат. **1.** ескікіт. *Білім, оқу.* **2.** *Табиғи құбылыстың белгілі бір саласы жайындағы теориялық қағидалардың жиынтығы.* **3.** *Оқу, орта білім.* **4.** *Әдіс, бір нәрсе туралы толық түсінік.* **5.** спорт. *Спорт жаттығуларының нәтижелерін іске асырудың жолдары, түрлері мен тәсілдемелік негіздері.*

**ІЛІМ**[2]**: ілім тон.** этн. *Құдалық кезінде бас құдадан кейінгі құдаға берілетін тон.*

**ІЛІМ**[3] зат. жерг. *Үй төбесіне салынатын жуан ағаш.*

**ІЛІМ** зат. өс. <лат. ulmus campestris> *Шегіршіннің бір түрі; дала шегіршіні*

**ІЛІМ-БІЛІМ** зат. *Ұғынылған, танылған ғылым, оқу-білім.*

**ІЛІМДАР** сын. кіт. ***Ілімді.***

**ІЛІМДЕМЕ** зат. спорт. *Жарыс барысындағы спорттық бәсекені жүргізудің түрлері мен тәсілдерінің жиынтығы.*

**ІЛІМДІ** сын. **1.** ***Білімді.*** **2.** *Алғыр, ілекеш.* **3.** *Оқыған, зиялы.*

**ІЛІМДІК** сын. *Білгір, білгіш.*

**ІЛІМДІКШЕ** үст. *Білімдар адамша.*

**ІЛІМСІЗ** сын. *Білімсіз.*

**ІЛІМІ** зат. саят. *Қыранға ішін тазалау үшін ішкізілетін қант қосқан қызыл шай.*

**ІЛІН=** ет. **1.** *Ие болу, ілігу.* **2.** *Шетіне жету.* **3.** *Бір заттың бір нәрсеге асылуы.* **4.** *Ұсталу, маталу, шырмалу.* **5.** *Тап болу, ұшырау.* **6.** *Белгілі бір дәрежеге, бір мөлшерге жету, келу.* **7.** *Қыранның құсты тез ұстауы, іліп алуы.*

**Ілінген ештеме жоқ.** *Олжа боларлық нәрсе түспеді деген мағынада.*

**ІЛІНДІР=** ет. **1.** *Іліктіру, қол жеткіздіру.* **2.** ауыс. *Шырмалту, іркілту.* **3.** *Шетінен іліктіру, алдыру.*

**ІЛІНДІРУ** *Ііндір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІНЕР-ІЛІНБЕС**: **көзге ілінер-ілінбес**. *Әрең көрінетін, көмескі.*

**ІЛІНТ=** ет. *Ііндіру, асқызу.*

**ІЛІНУ** *Ілін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір заттың бір нәрсеге асылуы.* **2.** *Ілігу, елену.*

**ІЛІНІП-САЛЫН=** ет. *Ілмию, ілбию, жүдеп-жадау, арып-ашу.*

**Ілініп-салынып жүр.** *Жұртқа әзер ілесіп, өзін зорға сүйретіп жүр.*

**ІЛІНІС=** ет. **1.** *Айқасу, қабысу, жабысу.* **2.** ауыс. *Пәле іздеп біреумен ұстасу, шатақ шығару, қақтығысу.*

**Ілініс кетті.** *Байланыса кетті, жанжалдасты, шатасты, ұрысты.*

**ІЛІНІСТІР=** ет. *Айқастыру, жабыстыру.*

**ІЛІНІСТІРУ** *Іліністір етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІНІСУ** *Ілініс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айқасу, қабысу.* **2.** *Ұстасу, қақтығысу.*

**ІЛІП-ҚАҒУ** *Іліп-қақ етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІП-ҚАҚ=** ет. *Әзілмен қағыту, ажуалау.*

**ІЛІП-ҚАҚПА** сын. *Қағытып айтылатын, ажуалы (сөз).*

**ІЛІП-ҚАҚПАЙ**[1] зат. *Домбыра қағысының түрі.*

**ІЛІП-ҚАҚПАЙ**[2] сын. *Бір атары (жатып атары) бар; кішігірім қу тілді, азырақ ілме, әзіл сөз арасында аяқтан шалып қалар ажуа-қалжыңы бар (кісі).*

**ІЛІП-ТАРТ=** ет. *Біреуге тиісіп сөйлеу, ажуалау, сынап-мінеу.*

**ІЛІП-ТАРТПА** сын. *Тиісіп айтылатын, іліп-қақпа.*

**ІЛІП-ТАРТУ** *Іліп-тарт етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІП-ШАЛ=** ет. *Сөзбен тиісіп қағыту, ажуалау.*

**ІЛІП-ШАЛМА** сын. *Қағытып айтылатын, ажуалы.*

**ІЛІС=** ет. **1.** *Бір нәрсені жоғарыға асысу.* **2.** *Алжу, ұстасу.*

**ІЛІСУ** *Іліс етістігінің қимыл атауы.*

**ІЛІСІП-ШАТЫС=** ет. *Араласу, жалғасу.*

**ІЛІСІП-ШАТЫСУ** *Ілісіп-шатыс етістігінің қимыл атауы.*

**ІМКӘН** зат. ескікіт. **1.** *Мүмкіндік.* **2.** *Қадір, қасиет, құдірет.*

**ІН** зат. *Жерді үңгіп қазып жасаған, жабайы аңдар, кейбір құстар жататын орын, үңгір.*

**Ін қазды.** *Жаманшылық ой ойлады, арамдық етті.* **Іннен шыққан суырдай.** *Ұсқыны кетіп, сүйретіліп тұрған кісіге айтылады.* **Ініне су құйды.** *Құртты, жойды; қуды.*

**ІНГЕН** зат. *Айыр өркешті түйенің ұрғашысы.*

**ІНГЕНДЕЙ** сын. *Інген сияқты, інген тәрізді; күңіренген, қайғылы.*

**ІНГЕНШЕ** з а т. *Төрт-бес жас аралығындағы ұрғашы айыр түйе.*

**ІНДЕЙ** с ы н. *Інге ұқсаған, ін тәрізді.*

**ІНДЕК** з а т. ө с. с ө й л. ***Қызылтамыр.***

**ІНДЕТ** з а т. **1.** *Мал дәрігерлікте жұқпалы ауру қоздырғышының ауру малдан, сау малға жұғып, үздіксіз таралуы.* **2.** а у ы с. *Кемшілік, жаман әдет.* **3.** м е д. б и о л. <грек. epidēmia> *Жұқпалы аурудың қалың көпшілік арасына (белгілі бір жерге, елге) жаппай тарауы, эпидемия.*

**ІНДЕТ=** е т. **1.** *Қуып жүріп, ініне тығу; ұстау үшін амал жасау.* **2.** а у ы с. *Құрту, түбіне жету.* **3.** ж е р г. *Түбіне жету, анықтау.*

**Індете қуды.** *Тықсырды, жаудың бетін қайтарды.*

**ІНДЕТТІ** с ы н. *Жұғатын, жұқпалы (ауру).*

**ІНДЕТТІК** с ы н. *Жаппай, жұқпалық.*

**ІНДЕТУ** *Індет етістігінің қимыл атауы; ініне тығу.*

**ІНДЕТШӨП** з а т. ө с. <лат. scrophularia nodosa> *Сабынкөктің бір түрі, буынды сабынкөк.*

**ІНДЕТІЛ=** е т. *Ініне тығылу, ұстау үшін амал жасалу.*

**ІНДЕТІЛУ** *Індетіл етістігінің қимыл атауы.*

**ІНДЕУ** з а т. с у ш а р. *Жер қабатында орнатылған цилиндр тәрізді кеңіткіш арқылы жасалған дөңгелек оймалы су ағызғышы бар құбыршық.*

**ІНДІ** с ы н. *Іні бар.*

**Інді кәріз.** с у ш а р. *Дөңгелек оймалы, құбырсыз кәріз.* **Інді кәріз мәшинелері.** с у ш а р. *Шымтезекті, сазды және минералды топырақты жерге жасалатын жер құрғату жүйесінде қолданылатын мәшинелер.*

**ІНДІГЕШ** з а т. *Тышқан іні, індердің мол жері, үстінен басқанда ойылып кететін көп іннің орны.*

**Індігеш көз.** *Шүңірек көз.*

**ІНЖУ** з а т. **1.** *Теңіз түбіндегі карбонит құрамды, меруерт бағалас қымбат асыл тас; теңіздік, тұщы сулық қос жақтаулы моллюскілер қабыршағының ішінде дамитын домалақ, сопақша, бұрыс пішінді келген минералдық түзілім.* **2.** *Асыл, қымбат, бағалы нәрсе. // Кейбір ұлулардың денесінде дамитын шар тәрізді не бұрыс бітімді түзілім.*

**Інжу аралы.** г е о г р. *Дүниежүзілік мұхиттың тропиктік белдеміндегі теңіздегі ұсақ организмдерінің ерекше қауымдастығы.* **Інжуді сумоншаққа сатты.** а у ы с. *Пайдалы, жақсы, игі, құнды нәрсені пайдасыз, жаман, зиянды, құнсыз нәрсеге айырбастады.*

**ІНЖУАН** з а т. з о о л. *Бойына меруерт, інжу тастары жиналатын теңіз мақұлығы.*

**ІНЖУГҮЛ** з а т. ө с. <лат. convallaria> *Лалагүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

**ІНЖУ-МАРЖАН** з а т. *Теңіз түбінен алынатын асыл тастардың жиынтық атауы.*

**ІНЖУІР** з а т. з о о л. *Өзен мен көлдерде болатын балық.*

**ІНЖІЛ** з а т. д і н и. <грек. biblia> *Иса пайғамбарға Алла тағаладан көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі, христиандардың қасиетті кітабы [иудаизм мен христиандар қасиетті деп танитын, Құдайға құлшылық етудің негізі болып саналатын, әр тілде, әр кезеңдерде және әртүрлі сипаттағы жазба мұралардың (б.з.д. 8–2 ғғ.) жинағы].*

**ІНЖІР** з а т. ө с. <лат. ficus carica> *Тұт тұқымдасына жататын субтропиктік жеміс ағашы.*

**ІНШІК** з а т. *Үйшік, кішкентай баспана.*

**Іншікте туған тышқандай.** б е й н. *Сырт көзден жасырын, құпия.*

**ІНІ** з а т. **1.** *Бірге туған ер немесе әйел адамдардың жас жағынан кішісі.* **2.** *Жалпы, жасы кіші ер адам.* **3.** э т н. *Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде кішіні бауыр, жақын көріп, іш тартып айтушылықтағы атау сөз.*

**ІНІ-АҒАЛАР** з а т. **1.** *Бауыр, жақын.* **2.** *Бауырлар деген мағынадағы қаратпа атауыш.*

**ІНІ-БАУЫР** з а т. *Бірге туған ер адамдардың жас жағынан кішісі және туысқан бауырлар.*

**ІНІДЕЙ** с ы н. *Іні сияқты, іні тәрізді.*

**ІНІ-ҚАРЫНДАС** з а т. *Інісі мен қарындасы, екеуі де.*

**ІНІЛІ** с ы н. *Інісі бар.*

**ІНІЛІК** з а т. **1.** *Іні ретінде өтінерлік наз, өтініш.* **2.** *Кіші болып әдеп, ізет сақтаушылық.*

**ІНІШЕК** з а т. **1.** *Іні сөзінің кішірейте еркелетіп айтылған қаратпа атауышы.* **2.** *Іні сөзінің кішірейте айтылған түрі.*

**ІҢГӘ** о д. *Нәрестенің жылағанда шығаратын дыбысы. // Нәрестенің жылауы.*

**ІҢГӘЛА=** е т. *Нәрестенің «іңгә-іңгә» деп жылауы.*

**ІҢГӘЛАТ=** е т. *Жылату, шырқырату.*

**ІҢГӘЛАТУ** *Іңгәлат етістігінің қимыл атауы.*

**ІҢГӘЛАУ** *Іңгәла етістігінің қимыл атауы.*

**ІҢКӘЛ** з а т. ж е р г. *Етке салатын нан.*

**ІҢКӘЛЖАЗҒЫШ** з а т. ж е р г. *Нан жаятын тақтай.*

**ІҢКӘЛСІЗ** с ы н. ж е р г. *Қамырсыз.*

**ІҢКӘР** з а т. **1.** *Қимас, жалғыз (баласы).* **2.** *Құмар, ғашық, ынтық (сүйіктісі).* **3.** *Туған жер.* **4.** *Ғашық, құмар, ынтызар (зат, жер).* **5.** а у ы с. *Күдік, күмән, шүбә.*

**Іңкәр болды.** *Құмар болды, көруге зарықты, сағынды, екі көзі төрт болды.* **Іңкәр қылды.** *Зарықтырды, сағындырды, құмар қылды.* **Іңкәр сезім.** п о э т. *Ынтықтық, ғашықтық.*

**ІҢКӘРЛІК** з а т. *Ынтық болушылық, құмарлық, ынтызарлық.*

**ІҢІР** з а т. *Күн батып, қараңғы түсе бастаған ала көлеңке кез.*

**Іңірден келді.** *Ел жатпай, ерте жарықта келді.* **Іңірдің соңын ала.** *Қараңғы қоюлана бастағанда.* **Іңір қараңғысында.** *Кешке, қараңғы болғанда.* **Іңір түсті.** *Ақшам жамырап, ел орынға отыратын мезгіл болды.*

**ІҢІРЛЕТ=** е т. *Күн батып, қараңғы түсе бастағанда межелі жеріне жету.*

**ІҢІРЛЕТУ** *Іңірлет етістігінің қимыл атауы.*

**ІПСІТ=** е т. к ө н е. *Созып жазу, әріпті іиру.*

**ІРӘ** с ы н. ж е р г. *Өте, аса, тым.*

**ІРБІЗ** з а т. с ө й л. ***Ілбіс.***

**ІРБІТ: ірбіт шапты.** *Базарға, жәрмеңкеге барып, дүниені мол етіп әкелген кісіге айтылады.*

**ІРГЕ** з а т. **1.** э т н. *Киіз үй керегесінің сыртқы жағы, киіз жабылған қоршауы.* **2.** *Үйдің ауласы, қорасы, айналасы.* **3.** а у ы с. *Жақын жер, маң.*

**Ірге ажырату.** *Бөлектену, оқшаулану.* **Ірге айырды.** *Алыстады, оқшауланды.* **Ірге алдырмады.** *Шебін бұздырмады, нық тұрды.* **Ірге аударды.** а) *Отырған жерінен басқа қонысқа көшті, мекен тұрағын ауыстырды.* ә) *Әйелді қонысқа, мекен орынға балап, бұрынғы әйелін – сары жұрт деп, соған қайта оралу турасында айтылады.* **Ірге бақты.** *Біреудің үйінің сыртынан, есігін аңдыды.* **Ірге бермеді.** *Ырық бермеді, өз дегенін істеді.* **Іргеден сығаламады.** *Жасырынбады, ашық, емін-еркін кірді.* **Іргеден ұру.** с п о р т. *Қазіргі бокста жиі қолданылатын іргеге еніп, жақын арақашықтықта жұдырықтау.* **Іргеден шығару.** э т н. *Күйеуі өлген әйелдің қайын жұртында қалмай, бірақ оның рұқсатымен бөлек кетуі [қазақтың отбасылық, жұбайлық салтында ері өлген әйел бір жылдан кейін жесір отырмай күйеуінің аға-інісіне не жақын туыстарының біріне шығуға тиіс. Егер жақын туған-туысы болмаса немесе ол адамды өзіне тең санамаса, бас еркін сұрайтын да кез болады. Бұл ел ақсақалдары мен молданың талқысына салынады. Әйелдің талабы дұрыс болған жағдайда және әйел басқа ерге шығатын болса, бұрынғы күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, өз төркінінен келген мүлік толық қайтарылады да, рұқсат беріледі].* **Іргеден шығу.** э т н. *Күйеуі өлген жесір әйелдің әмеңгерлікке келіспеген, басқа біреуге тұрмысқа шығуға бел байлауы, төркінінен келген затпен ғана бөлек шығуы.* **Ірге көтерді.** *Үйымдастырылды, тұрғызылды.* **Іргемді ластама.** *Жерімді бүлдірме, ары жүр деген мағынада.* **Іргені алыс салды.** *Аралас-құраластықты тоқтатты, арасын алшақтатты; көңілін суытты, араларына салқындық орнады.* **Іргесі берік.** *Босағасы мықты, белді.* **Іргесі бүтін.** а) *Азбаған, тозбаған, сетінемеген.* ә) *Тыныш, жайбарақат.* **Іргесі бұзылды.** *Ел ішіне іріткі түсті, берекесі кетті.* **Іргесі қақырады.** *Ынтымағы бұзылды, ауызбіршіліктен айырылды.* **Іргесі қаланды.** а) ***Іргетасы қаланды*** *(негізі қаланды, негізі тұрғызылды).* ә) *Тұрғызды, салды, бекітті.* **Іргесі тимеген.** *Бұрын-соңды болып, қонып көрмеген (ел).* **Іргесін аулақ [бөлек] салды.** *Алыс жүрді, жоламады, араласпады, қатыспады, қол үзді.* **Іргесін аулақ салды.** *Алыс жүрді, қашқақтады, жоламады.* **Іргесін аулақ [аулаққа, бөлек] салды.** *Өзін аулақ ұстады, алыс жүрді, жоламады.* Іргесі сөгілді. п о э т. *Ыдырап, тарқап кетті, құрыды, күйреді.* **Іргесін ашып алды.** *Ашықтан-ашық бөлектенді, бөлінді.* **Іргесін ашып алды.** *Қарым-қатынасы үзілді, араласпайтын болды.* **Іргесін көтерді.** *Кетірді, қуды, көшіріп жіберді.* **Іргесін теңестірді.** *Дамыған елмен терезесін тең қылды.* **Іргесі сөгілді.** *Қабырғасы қақырады; бірлігі кетті, күйреді, жойылды.* **Іргесі тимеген жер.** *Бұрын-соңды болып, білісіп көрмеген ел.* **Іргесі түрулі.** *Түс кезінде киіз үйдің іргесін түріп, желдетіп қою.* **Ірге тепті.** *Тұрақтап қалды, мекендеді, орналасты, түпкілікті орнықты.* **Ірге тимеген.** *Аяқ баспаған, ел көшіп-қонбаған, соны (жер).*

**ІРГЕБАСАР** з а т. э т н. *Күйеу жігіттің ұрын келуінде жеңгелер тарапынан алынатын ырым.*

**ІРГЕҚАНАТ: ірген қанат қауырсындар.** б и о л. *Құс қанаттарының тоқпан жілігіне бекитін қауырсындар жиынтығының атауы.*

**ІРГЕЛЕН=** е т. *Ірге тебу, орнығу, тұрақтану.*

**ІРГЕЛЕНУ** *Іргелен етістігінің қимыл атауы.*

**ІРГЕЛЕС** с ы н. **1.** *Бірі мен бірі шектес, көршілес, қатар қонған.* **2.** *Тең, сай, теңдес.* **3.** *Ұласқан, жалғасқан.*

**ІРГЕЛІ** с ы н. **1.** *Негізі мықты, тұрақтанған.* **2.** *Ақылды, парасаты мол.*

**Іргелі ел.** *Белді, ауызбіршілікті, қабырғалы, береке-бірлікті жұрт.* **Іргелі жұрт [мемлекет].** *Ішкі, сыртқы ұстанымы берік, экономикасы тұрақты, алдыңғы қатарлы ел, мемлекет.* **Іргелі заң.** ф и л о с. *Табиғат заңдары.* **Іргелі зерттеу.** а) э к о н. *Сату көлемі, негізгі құрал-жабдық, пайда, тауар және қызметтер көрсету, рынок, басқару сияқты факторларға негізделетін өнеркәсіп пен компания қызметін талдау.* ә) ғ ы л. *Ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі ғылымның дамуы мен болашағына әсер ететін негізгі теориялық күрделі ғылыми ізденістер бағыты.* **Іргелі пікір.** *Негізгі ой, тұрақты көзқарас.*

**ІРГЕЛІК** з а т. *Киіз үйдің салқын ауа кіру үшін іргені түріп қойған ашық жері; іргеден салқын ауа кіріп тұру үшін жасалған тесік.*

**ІРГЕНЕК** з а т. ж е р г. *Киіз үйге ит кіріп кетпеуі үшін ағаштан не талдан істеліп, есікке қойылатын қалқан; киіз үйдің есігі, иткірмес.*

**ІРГЕСІЗ** с ы н. *Іргетассыз, іргесі жоқ.*

**ІРГЕТАБАН** з а т. к е н. *Домна пешінің табан тасы; пештің төменгі бөлігі [Биіктігі 6 м-ден 16 м-ге дейінгі шахтаны ұстап тұратын темірлі, үстындар орнатылған, бетон мен болат арқаудан тұратын құрылма].*

**ІРГЕТАС** з а т. <лат. fundamentum> **1.** *Үйдің қабырғасының астына тас араластырып құятын цемент негіз.* **2.** *Жер бедерінің қалыптасуындағы көне қабат, таужыныстар.* **3.** а у ы с. к і т. *Негіз.*

**Іргетас көтерілімі.** г е о л. *Платформалық құрылымның қатпарланған іргетасы жер бетіне өте жақын орналасқан немесе мүлдем ашылып қалған шағын аймақтары.* **Іргетастар кешені.** г е о л. *Геосинклиндік түзілімдер бірлестігімен көмкерілген, яғни геосинклиндік құрылымның қалыптасуы барысында оның іргетасы рөлін атқарған таужыныстар жиынтығы.* **Іргетасы қаланды.** *Салына бастады, бой көтерді, іргетасы құйылды.* **Іргетасын қаласу.** *Негізін салысу.*

**ІРГЕШӨП** з а т . ө с. <лат. spergularia> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір не екіжылдық шөптесін өсімдік.*

**ІРГІ: іргі қанат**. ж е р г . *Құс қанатының негізгі үлкен бөлігін құрып тұрған мүше.*

**ІРЕ=** е т. **1.** *Сойған малдың не аңның терісін жұдырықпен сыдыру, сылу.* **2.** а у ы с . *Сынау, мінеу, састыру.*

**Іреп [іремей] сойды.** а) *Әбден балағаттады, жер-жебіріне жетті.* ә) *Қатты састырды.*

**ІРЕБДЕЛ** с ы н . с ө й л . *Ірі, зор, кесек.*

**ІРЕЛ=** е т. *Сыдырылу, сылыну.*

**ІРЕЛУ** *Ірел етістігінің қимыл атауы.*

**ІРЕНДЕ-ШІРЕНДЕ** з а т . *Ырду-дырду, ырың-жырың; бастары қосылмау.*

**ІРЕС=** е т. *Бауыздалған малдың терісін сыдырысу, сылысу.*

**ІРЕСУ** *Ірес етістігінің қимыл атауы.*

**ІРЕТ=** е т. *Сойған малдың терісін сыдырту, сылыту.*

**ІРЕТУ** *Ірет етістігінің қимыл атауы.*

**ІРЕУ**[1] с ы н . *Таңдаулы, мықты, қоспасыз.*

**ІРЕУ**[2] *Іре етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мал сойғанда қолмен іреуден бұрын терісін етінен пышақпен ажыратып алу.* **2.** *Мал сойғанда, аңның терісін сыпырғанда еті, майы теріге кетіп қалмау үшін терісін етінен жұдырықпен ажырату.* **3.** а у ы с . *Айырмасы, өтірік-шыны.*

**ІРЕУСІЗ** с ы н . *Қоспасыз, таза.*

**ІРЕУІТ** з а т . *Мал сойғанда терісін бітеу алу үшін пышақпен тілмей іреп сойғандағы ірелетін тұс.*

**ІРЖӘНІК** з а т . ө с . с ө й л . *Құнарлы шөптердің бір түрі.*

**ІРИ-ТРИ** з а т . қ а р а п . *Бір мәселе жайында келісе алмай, сөзге келу, байланысу.*

**ІРИТ-СОҚ** з а т . *Айтақ, шағыстыру.*

**ІРКЕС-ТІРКЕС** с ы н . *Бірінен соң бірі тізілген, ұштасқан.*

**ІРКУ** *Ірік етістігінің қимыл атауы; бөгеу, тоқтату.*

**ІРКУСІЗ** с ы н . *Бүкпесіз; тоқтаусыз, кедергісіз.*

**ІРКІЛ=** е т. **1.** *Бөгелу, тоқтау.* **2.** *Ойланып қалу, мүдіру.* **3.** *Бәсеңдеу.* **4.** *Аққан судың бір жерде тұрып қалуы.* **5.** *Көзіне жас үйірілу.*

**ІРКІЛДЕ=** е т. *Ірк-ірк ету, былқылдап толу.*

**ІРКІЛДЕК**[1] з а т . ж е р г . к ә с . *Түйенің төрт аяғының жер басатын, жұмсақ қара тұқайлы табаны.*

**ІРКІЛДЕК**[2] с ы н . *Денесі іркілдеген, былқылдаған толық; боп-бос, жұмсақ.*

**ІРКІЛДЕТ=** е т. *Ірк-ірк еткізу, былқылдату.*

**ІРКІЛДЕТУ** *Іркілдет етістігінің қимыл атауы.*

**ІРКІЛДЕУ** *Іркілде етістігінің қимыл атауы; былқылдап толу, ірк-ірк ету.*

**ІРКІЛМЕ: іркілме су**. г е о л . *Жердің күндізгі бетімен байланысы болмайтын жерасты суы.*

**ІРКІЛМЕЛІ** с ы н . *Іркілген, жиналып қалған.*

**ІРКІЛТ=** е т. **1.** *Баяулату, іріу, кідірту.* **2.** *Мөлтілдету.*

**ІРКІЛТУ** *Іркілт етістігінің қимыл атауы.*

**ІРКІЛУ** *Іркіл етістігінің қимыл атауы; бөгеліп, тұрып қалу.*

**ІРКІЛІҢКІРЕ=** е т. *Аздап бөгелу, кідіріңкіреу.*

**ІРКІЛІҢКІРЕУ** *Іркіліңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ІРКІЛІС** з а т . *Бөгеліс, тосқауыл, кедергі.*

**ІРКІЛІССІЗ** с ы н . *Тоқтаусыз, кедергісіз, бөгетсіз.*

**ІРКІНДІ** с ы н . *Жаңбырдан не еріген қардан соң жиналып, іркіліп қалған (су).*

**ІРК-ІРК** е л і к . *Болпылдаған, былқылдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

**ІРКІС** з а т . *Киім тіккен кезде пайда болатын қатпар не арқан, жіпті тартқанда ширатылып артық қалған түйін. // Кедір-бұдыр.*

**ІРКІС=** е т. *Тежесу, тартысу.*

**ІРКІСТЕН=** е т. **1.** *Қатпарлану, мыржым-тыржым болу.* **2.** *Қожырлану, кедір-бұдыр болу.*

**ІРКІСТЕНУ** *Іркістен етістігінің қимыл атауы.*

**ІРКІС-ТІРКІС** с ы н . **1.** *Біріне-бірі ұштасқан, жалғасқан.* **2.** *Түйдек-түйдек.*

**ІРКІСУ** *Іркіс етістігінің қимыл атауы.*

**ІРКІТ** з а т . э т н . т а м а қ . **1.** *Құрт қайнату үшін үлкен ыдысқа құйып жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ сусын.* **2.** *Майын алып, құрт қайнату үшін ұйытып, сабада шикі сүттен немесе пісірген сүттен жиналған айран, қатық.* **3.** а у ы с . *Жиынтық, қоспа.*

**ІРКІТТЕ=** е т. *Іркіт пісіп алған майды қолмен жентектеп алып сығып, сығымдап отырып іркіт, іртік-ірімтіктен тазарту.*

**ІРКІТТЕУ** *Іркітте етістігінің қимыл атауы.*

**ІРМЕЛ=** е т. *Бөгелу, үйірілу, тоқталу.*

**ІРМЕТІЛ=** е т. ж е р г . ***Ілбі.***

**ІРМЕТІЛУ** *Ірметіл етістігінің қимыл атауы.*

**ІРТІК** з а т . *Ұйыған айранның жентек-жентек бөліктері, ұсақ ірімтік.*

**ІРТІКТЕН=** е т. *Іртік-іртік болу.*

**ІРТІКТЕНУ** *Іртіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ІРТІК-ІРТІК** с ы н . *Бөлек-бөлек, түйдек-түйдек.*

**ІРУ** *Ірі етістігінің қимыл атауы.* **1.** б и о л . *Органикалық заттардың микробтар әсерінен ыдырауы.* **2.** *Тоң-торыс болу, бөліну, ыдырау.* **3.** м е д . *Босау, болбырау.* **4.** а у ы с . *Азып-тозу, күйзеліске жету.*

**ІРІ** с ы н . **1.** *Тұлға-тұрпаты үлкен, зор.* **2.** *Майда емес, көлем жағынан аумақты, қомақты.* **3.** а у ы с . *Ауыз толтырып айтарлықтай, атап айтуға болатын; жоғары, биік.* **4.** а у ы с . *Терең, күрделі.* **5.** а у ы с . *Сорақы, өрескел.* **6.** а у ы с . *Мықты, күшті.* **7.** а у ы с . *Атақты, белгілі.* **8.** а у ы с . *Ерекше, өзгеше, артық.*

**Іріген сүттей бұзылды.** *Тез өзгерді, айныды.* **Ірі ауқымды соғыс.** ә с к . с а я с и . *Ұжымдық қауіпсіздік келісіміне қатысушы мемлекеттердің өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін саяси және стратегиялық-әскери мақсаттағы ұжымдық қауіпсіздіктің екі және одан көп аймақтарында әскери, экономикалық жағынан қуатты мемлекеттердің (мемлекеттер коалицияларының) қатысуымен жүргізілетін соғыс.* **Ірі жүрді.** *Өз дәрежесіне лайық болды.* **Ірі кесектер.** к е н . *Ұсату мәшинелерінің түсіру жырығына сыймайтын немесе басқа да бір талаптарға сай келмейтін, көлемі белгіленген мөлшерден үлкен кесектер.* **Ірі қабыршақтық құрылым.** г е о л . *Түйірлерінің ірілігі 0,01 мм-ден үлкен қабыршақтық құрылымның түрі.* **Ірі қара**. э т н . *Төрт түліктің ішіндегі жылқы, түйе, сиыр малдары.*

**ІРІ=** е т. **1.** *Ашып бұзылып кету.* **2.** *Тозу, жыртылу, іріу.* **3.** а у ы с . *Жаншылу, езілу.* **4.** а у ы с . *Қобалжу, құлазу, бұзылу.*

**Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.** *Азғындаған адамның сөзі де жаман, сөлекет болады деген мағынада.* **Іріген сүттей бұзылды.** *Тез өзгерді, айныды.*

**ІРІЖЕМІС** з а т . ө с . с ө й л . *Балшөп.*

**ІРІК=** е т. **1.** *Тарту, тежеу.* **2.** *Жинау.* **3.** *Тоқтату, кідіру.* **4.** *Ішіне бүгу, жасыру, тығу.*

**ІРІК** с ы н . *Майда емес, көлемі үлкен, ірі.* Бұлардың мінген аттары *і р і к-т і.*

**ІРІКАЛИБРЛІ** с ы н . ә с к . *Оғының диаметрі үлкен болатын (ату қаруы).*

**Ірікалибрлі пулемет.** ә с к . *Әуедегі нысанаға, атыс нүктелеріне және жұқа сауытты әскерлерге қарсы қолданылатын калибрі 12,7–15 мм автоматты қару.*

**ІРІКТЕ=** е т. **1.** *Таңдап-талғап ала білу, саралау, таңдау.* **2.** *Анықтау; көрсету.*

**Іріктеп алу**. ә л е у м . *Ақпарат жинап, оның іріктеп алынған бір ғана бөлігін талдаудан жұрттың негұрлым ірі топтары жөнінде байлам жасау.* **Іріктеп аулау**. э к о л . *Белгілі бір талаптарға сай келетін жануарларды аулау не атып алу.*

**ІРІКТЕЛ=** е т. *Таңдап-таңдап алыну, сұрыпталу, екшелу.*

**ІРІКТЕЛУ** *Іріктел етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІКТЕЛІМ** з а т . *Іріктеме, сұрыпталым.*

**ІРІКТЕЛІН=** е т. *Екшелену, сұрыпталыну.*

**ІРІКТЕЛІНУ** *Іріктелін етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІКТЕМЕ** з а т . **1.** *Сұрыпталып, іріктеліп алынған нысандар, заттар, т.б.* **2.** э к о н . *Қорытынды жасау үшін зерделеу мақсатымен іріктеліп алынған экономикалық объектілер немесе көрсеткіштер жиынтығының бір бөлігі;* **3.** э к о н . *Нарықты зерттеуге қатысушы және жалпы нақты мақсатты нарық тұтынушыларының пікірін көрсету үшін таңдап алынған респонденттер тобы.*

**Іріктеме тексеріс.** э к о н . *Ішінара тексеру.*

**ІРІКТЕМЕЛІ** с ы н . *Іріктеліп алынатын.*

**Іріктемелі байқау**. э к о н . *Зерделенетін және бақыланатын құбылыстар мен процестерді статистикалық байқаудың ықтималдық теориясына негізделген әдісі.*

**ІРІКТЕН=** е т. *Саралану, дараланып көзге түсу.*

**ІРІКТЕНУ** *Іріктен етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІКТЕС=** е т. *Таңдасу.*

**ІРІКТЕСУ** *Іріктес етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІКТЕТ=** е т. *Таңдату, сұрыптату.*

**ІРІКТЕТУ** *Іріктет етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІКТЕУ** *Іріктe етістігінің қимыл атауы; таңдап іштей бөлу, сұрыптау.*

**Іріктеу әдісі**. и н ф . <ағыл. search method>. *Жиынның барлық элементтерін тізбектік түрде қарап шығудан тұратын іздестірудің әмбебап әдісі.* **Іріктеу жарыстары.** с п о р т . *Команданы жасақтау немесе күшті спортшыны анықтау үшін жаттығулардың барысында өтетін бейресми жарыстағы жекпе-жек.* **Іріктеу орталығы.** э к о н . *Үлгілеу әдісімен адамның еңбек дағдысын орындау қабілетін сынайтын мекеме.* **Іріктеу разрядтылығы.** и н ф . <ағыл. retrieval capacity). *Бір қатынау кезінде негізгі жадтан процессорға және кері берілетін ақпарат мөлшері.*

**ІРІКТІ** с ы н . к ө н е . *Қадірлі, құрметті, беделді.*

**ІРІК-ШІРІК** з а т . **1.** *Іріп-шіріп кеткен нәрсе, қоқыс.* **2.** а у ы с . *Зияны тиетін іс-әрекет, кедергі жасайтын әдет-ғұрып.* **3.** *Кем-кетік, кемшілік.*

**ІРІЛЕ=** е т. **1.** *Ұлғаю, үлкею, зораю.* **2.** *Толысу, өсу.*

**ІРІЛЕН=** е т. **1.** *Қомақталыну, ұлғайтылу, үлкейтілу.* **2.** а у ы с . *Өркөкіректену.*

**ІРІЛЕНГІ** з а т . х и м . *Коллоидтық жүйеден тұрақсызданған жағдайда түзілетін майда фазалы тұнба.*

**ІРІЛЕНДІР=** е т. *Үлкейттіру; асылдандыру.*

**ІРІЛЕНДІРГІ** з а т . х и м . *Коллоидты немесе майдалы жүйелерге қосқанда ірілену туғызатын препарат.*

**ІРІЛЕНДІРГІШ** з а т . х и м . **1.** *Іріләндіргі.* **2.** *Ірілендірілу жүргізілетін аппарат.*

**ІРІЛЕНДІРУ** *Ірілендір етістігінің қимыл атауы; жақсарту, асылдандыру.*

**ІРІЛЕНДІРІЛ=** е т. *Аумақтандырылу, үлкейттірілу, ұлғайттырылу.*

**ІРІЛЕНДІРІЛУ** *Ірілендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІЛЕНУ** *Ірілен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үлкейттірілу, ұлғайттырылу.* **2.** х и м . *Коллоидтық жүйенің майда фаза бөлшектерінің ірірек агрегаттарға біріктірілуі.*

**ІРІЛЕТ=** е т. *Көлемі жағынан үлкейту, ұлғайту.*

**ІРІЛЕТУ** *Ірілет етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІЛЕУ** с ы н . *Үлкендеу, ірірек.*

**ІРІЛІК** з а т . **1.** *Үлкендік, көлемділік.* **2.** а у ы с . *Пендешіліктен ада болушылық, адамдықтан аспаушылық.* **3.** а у ы с . *Күштілік, мықтылық.*

**Ірілік класы**. к е н . *Елеуден немесе сұрыптаудан алынған, ішіндегі кесектердің (түйіршіктердің) ең ірілері және ең ұсақтары белгілі диаметрмен шектелген өнім.*

**ІРІЛІ-КІШІЛІ** с ы н . *Үлкенді-кішілі, көлемі әртүрлі.*

**ІРІЛІ-ҰАҚТЫ** с ы н . *Ірі, әрі ұсақ, көлемі әртүрлі.*

**ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ** сын. *Ірі, әрі майда, әртүрлі.*

**ІРІМТІК** зат. *Ашыған айранның, іріген сүттің, ұйыған қанның түйіртпегі.* **2.** *Ұсақ іртік.*

**ІРІМТІКТЕЛ=** ет. *Ірімтік-ірімтік болу, іртіктену.*

**ІРІМТІКТЕЛУ** *Ірімтіктел етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІМТІКТЕН=** ет. сөйл. *Ірімтіктелу, түйіртпектену.*

**ІРІМТІКТЕНУ** *Ірімтіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІМТІКТЕУ** сын. *Аздап ірімтіктелген, іртіктенген.*

**ІРІМШІК** зат. **1.** этн. *Майлы сүтті қайнатқаннан шыққан ақшыл сарғыш түсті қоймалжың өнімді қатырып жасаған дәмді ұлттық тағам.* **2.** тамақ. *Сүтті арнайы өңдеуден өткізу арқылы алынатын сіңімді тағамдық өнімдердің бірі.*

**Ірімшікке май қонды**. жерг. *Дәл үстінен түсті.*

**ІРІҢ** зат. **1.** мед. <грек. pyon> *Адам денесіндегі қабынған, жараға айналған жерлерде пайда болатын сары күрең немесе жасылдау түсті қою сұйықтық.* **2.** *Шаң-тозаң түсуден, аурудан көз айналасында пайда болатын былшық, қоймалжың сұйықтық.*

**ІРІҢДЕ=** ет. *Ірің пайда болу, ірің кеулеу.*

**ІРІҢДЕН=** ет. *Ірің жиналу.*

**ІРІҢДЕНУ** *Іріңден етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІҢДЕТ=** ет. *Ірің кеулету.*

**ІРІҢДЕТУ** *Іріңдет етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІҢДЕУ** *Іріңде етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІҢДІ** сын. *Ірің басқан, іріңдеген.*

**Іріңді түйін**. жерг. кәс. *Түйенің жұқпалы ауруы [Бұл ауруға шалдыққан түйенің тамырлары іріңдеп, қабынады, сондай-ақ тері асты клеткалары зақымданады].*

**ІРІП-ШІРІ=** ет. **1.** *Ұзаққа созылған, емі қиын аурумен ауыру.* **2.** *Бүліну, бұзылып кету, шіріп кету.* **3.** ауыс. *Азып-тозу, бұзылу, азғындау.*

**ІРІП-ШІРУ** *Іріп-шірі етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІСЫНЫҚТЫ** сын. кен. *Сынықтарының көлемі үлкен.*

**Ірісынықты шөгінділер.** геол. *Түйірөлшемдік құрамында өлшемі 1 мм-ден асатын бөлшектер басым шөгінділер.*

**ІРІСЕПКІЛДІ** сын. кен. *Минерал түйіршіктерінің көлемі үлкен.*

**Ірісепкілді кен.** кен. *Түсті металл кендеріндe минерал түйіршіктерінің мөлшері 1 мм болатын кен [Сепкілдікті ірі немесе ұсақ деп атау шартты ұғым. Мысалы, қара металл кендерінде бағалы минералдардың ірілігі 10–20 мм немесе одан да ірі болып кездеседі, ал 1–2 мм-ден кіші болса, ұсақ сепкілдікке жатады].*

**ІРІТ=** ет. **1.** *Бұзу, ірімтіктендіру.* **2.** ауыс. *Рухани бүлдіру, берекесін қашыру, кикілжің тудыру.*

**ІРІТКІ** зат. **1.** *Ірітіп жіберетін нәрсе; ашытқы, ұйытқы.* **2.** жерг. *Ірімшік жасау үшін сүтке құйған айран.* **3.** хим. *Іріктенудің жүруіне көмектесетін агент.* **4.** ауыс. *Іренде-шіренде, алауыздық, араздық.* **5.** ауыс. *Бұзық, лаң салушы.*

**Ірітки салды.** а) *Арасына шоқ салды, араздастырды, жауластырды.* ә) *Берекесін қашырды, ойран салды.*

**ІРІТКІШ** зат. *Белгілі бір нәрсені іріту үшін қосылатын, ірітіп жіберетін нәрсе.*

**ІРІТКІШІЛ** сын. *Бүлікшіл, ірітки салғыш.*

**ІРІТКІШІЛДІК** зат. *Ірітки салушылық, бүлікшілдік.*

**ІРІТУ** *Іріт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ашыту, бұзу (сүтті).* **2.** *Шіріту.* **3.** ауыс. *Алауыздық тудыру, берекесін қашыру, бүлік тудыру.*

**ІРІТІЛ=** ет. *Ашытылу, шірітілу.*

**ІРІТІЛУ** *Ірітіл етістігінің қимыл атауы.*

**ІРІ-ІРІ** сын. *Өте ірі, үлкен-үлкен.*

**ІС**[1] зат. **1.** *Еңбек, жұмыс, қарекет, шаруа.* **2.** *Жасалған бұйым, тауар.* **3.** *Оқиға, жағдай.* **4.** *Нәрсе, жұмыс.* **5.** *Қылық, әрекет.* **6.** *Тігін жұмысы.* **7.** *Қылмысты жұмыс, қылмысты адам туралы қаралатын мәселе.* **7.** ауыс. *Ойға алған шаруа, мақсат, ниет.* **8.** ауыс. *Үлгі, өнеге.*

**Іс жемісті болсын!** тілек. *Шаруа оңға бассын деген мағынада айтылатын сөз.* **Іс жүзінде.** а) *Жұмыстың орындалу кезінде, жағдайдың барысында.* ә) *Ақиқатында, дұрысында, шын мәнінде.* **Іс жүргізді.** *Жүзеге асырды, орындатты.* **Іс жүргізу.** заң. *Мемлекеттік және мемлекеттік емес орындардағы іс қағаздарын жүргізу қызметі.* **Іс жүргізу жұмысы.** *Кеңсе жұмыстары, ресми, іскери жұмыстар.* **Іс жылжыды. Жұмыс, шаруа алға басты. Іске алғысыз.** *Жарамсыз, түкке тұрғысыз, құнсыз.* **Іске араласты.** *Жұмыс, қызмет істеді.* **Іске асар.** *Беткеұстар, бір керегіне жарар, бір пайдаға асар, іліп алар, іске жарайтын.* **Іске аспады.** *Кәдеге жарамады, пайдасы болмады.* **Іске асырды.** *Істеді, орындады. іске асыру.* а) *Бірдеңені жүзеге асыру, жүргізу.* ә) *Қабылданған бағдарламаны орындау.* **Іске асырылды.** *Жүзеге асырылды, орындалды.* **Іске жарағысыз.** *Жарамайтын, керексіз.* **Іске жарады.** *Қажетін өтеді, пайдаға асты.* **Іске жарату.** *Қажетіне пайдалану.* **Іске кірісті.** *Белгілі бір шаруаны, тапсырманы істеуді дереу қолға алды, бастап кетті.* **Іске қосты.** *Жұмыс істетті, қызметке, айналысқа кіргізді.* **Іске қосу.** а) құр. экон. *Жаңадан салынған құрылыс объектілерін немесе күрделі жөндеуден өткізілген немесе айналымнан тыс активтерге жатқызылған басқа да активтерді шаруашылықта пайдаланудың, қолданудың басталуы.* ә) *Жұмысын бастау, қызметке, айналысқа кіргізу.* **іске қосылды**. а) *Жұмыс істеуге кірісті, қосылды, жұмыс істеді.* ә) *Қатыстырылды, жұмысқа тартылды. іс қылу. Әрекет ету, іске кірісу.* **Іске мұрындық болды.** *Бар жұмысқа бастаушы болды.* **Іске сәт!** тілек. *Ісінің реті түссін, орайы келсін деген мағынадағы жылы лебіз.* **Іске тартты.** жерг. *Жауапқа тартты.* **Іске татиды.** *Қажетке жарады, пайдаға асты.* **Іске татыр.** *Жарамды, іліп алар, әжетке жарар.* **Іс насырға айналды.** *Жұмыстың ыңғайы жамандыққа бет бұрды.* **Іс насырға шапты.** *Асқынды, қиындай түсті.* **Іс сәтті болсын.** тілек. *Ойға алғаның, дітің орындалсын деген мағынадағы лебіз, тілек сөз.* **Істен шығу.** инф. <ағыл. fault, failure> а) *Белгілі бір команданың орындалуы алдында жария етілетін төтенше жағдай [қызмет атқару блогының талап етілген міндеттерді орындау мүмкіндігінен толық немесе жартылай айырылуы].* ә) *Құрылғының өз қызметін орындай алмайтын дәрежеге жеткенін көрсететін физикалық құбылыс.* **Істен шықты.** *Жарамай қалды, бүлінді.* **Іс түбін насырға шапқызу.** *Бүлдіру, құрту. іс тындырды [бітірді]. Бір шаруаны бітірді, орындады.* **Істі жапты [жым-жылас жапты].** *Қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын етіп қорытынды шығарды (көбіне ұнамсыз мағынада қолданылады).* **Істі жым-жылас жапты.** *Қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын етіп қорытынды шығарды (көбіне ұнамсыз мағынада қолданылады).* **Істі сырттай қарау.** зат. а) *Қылмыстық істе: соттың істі сотталушы адамның қатысуынсыз қарауы.* ә) *Азаматтық істе: соттың істі талапкердің не жауапкердің немесе екеуінің де қатысуынсыз қарауы.* **Іс тікті.** *Киім тікті.* **Істің көзін [қыбын] білді.** *Жұмыстың орындалу тетігін, жүйе-жүйесін, орай-икемін тауып істеді істің көзін білді. Жұмыстың орындалу тетігін, жүйе-жүйесін, орай икемін тауып істеді.* **Істі шешу.** *Даулы мәселелерді реттеу. ісі болмады [жоқ]. Көңілі аумады, еш нәрсемен шаруасы болмады, мән бермеді.* **Ісі далаға кетті.** *Бар еңбегі зая болды, босқа бейнет етті.* **Ісі жоқ.** *Шаруасы болмау.* **Ісін бұздырды.** құқық. *Сот үкімі орынсыз деп табылды, теріске шығарылды, қылмыстық іс тоқтатылды, жабылды.* **Ісі мақұл болды.** *Жұрт ұнатқан іс туралы айтылады. ісім сенімен түссін.* **Ісім сенімен болсын.** *Ісіне мығым. Шаруасын тындырымды істейтін адам туралы айтылады. Ісінен тұңілді.* **Істеген әрекетінен көңілі қалды. Ісін қуды.** *Біреуді (өзін) ақтауға әрекет жасады. ісін қуды. істі болуына байланысты жоғарғы орындарға арызданды, шағым етті.* **Ісің игілікті болсын!** *Ісің оңынан келсін, олжалы бол!* **Ісі орнықты.** *Шаруасы тыңғылықты, ісі көңілге қонымды.* **Ісі өнді.** *Жұмысы жақсы бітті, шаруасы ілгеріледі. ісі өрге баспады. Жұмысының сәті болмады, кесір-кедергі көп болды.* **Ісі теріске айналды.** *Жұмысының сәті болмады, кесір-кедергі көп болды.* **Ісі теріске айналды.** *Ісі насырға шапты.* **Ісі түскенде – мүсәпір, ісі біткенде – кісәпір.** *Ісі түскенде ғана танып, тауып, басқа уақытта керек етпейді деген мағынада.* **Ісі түсті.** *Біреуге жүзін салды, кіріптар болды, тәуелді болды, біреумен еріксіз байланысты болды, мұқтаждыққа ұшырады.* **Ісі түсті.** *Кіріптар болды, тәуелді болды.* **Ісі шалысқа кетті.** *Ісі теріс кетті, дұрыс болмады.*

**ІС**[2] сын. жерг. *Үшкір, істік, сүйір.*

**ІС=** ет. **1.** *Қабынып, думпиіп кету, күп болу.* **2.** ауыс. *Өзінше кокірек керу.*

**ІС-ӘРЕКЕТ** зат. **1.** *Әртүрлі жұмыс, қарекет.* **2.** пед. *Адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс жүзіндегі көрінісі.*

**Іс-әрекет педагогикасы.** пед. *XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Германияда пайда болған педагогикадағы ағым.*

**ІС-ӘРЕКЕТСІЗДІК** зат. *Іс-әрекет жасамағандық, қам жасамағандық яки шара қолданбағандық.*

**ІСЕК** зат. қойшар. *Екі жастан асқан еркек қой.*

**Ісек қой.** *Екі жастан асқан еркек қойдың піштіріліп жіберілгені, ісек қошқар, үш жасар еркек қойдың піштірілмегені.* **Ісек қой.** *Екі жасар еркек қой.*

**ІСКЕК** зат. <франц. pincette> **1.** *Сақал-мұртты, қасты бір талдап жұлатын кішкене тістеуік темір.* **2.** *Медицинада, техникада майда, нәзік және сусыма заттарды ұстауға арналған серіппелі қысқаш.*

**ІСКЕКТЕ=** ет. *Іскекті пайдалану, іскекпен жұлу.*

**ІСКЕКТЕМІР** зат. сөйл. ***Іскек.***

**ІСКЕКТЕУ** *Іскекте етістігінің қимыл атауы.*

**ІСКЕНЖЕ** зат. жерг. **1.** *Ұста дүкеніндегі үлкен бұрандалы темір қысқаш.* **2.** *Тістеуік.*

**ІСКЕР** сын. **1**. *Қолынан іс келетін, шебер, істің көзін білетін; пысық.* **2.** экон. *Ұйымдастыру мәдениетінің елеулі нышаны, ұтымды ұйымдасқан, істің мүддесіне айқын бағдарланған белсенділік; қызметкердің қабілет-қарымы, еңбексүйгіштігі, өзінің кәсіптік міндеттеріне іскерлікпен қарауы, еңбек қызметін тиімді пайдаланып, қол астындағы қызметкерлердің қызметін ұйымдастырып, іске жұмылдыра білу қасиеті.*

**ІСКЕРЛІК** зат. *Қолынан іс келетіндік, шеберлік, іске қабілеттілік; қабілеті күштілік, талабы зор болушылық.*

**Іскерлік бедел**. экон. *Жеке немесе заңды тұлғаның кәсіпкерлік саласындағы адал да шынайы іскерліктеріне мүліктік айналымға қатысушылардың тарапынан берілген баға.* **Іскерлік белсенділік**. экон. *Белгілі бір тауарды өндіру немесе қызметтердің нақты нысанын көрсету түрінде нақтыланған экономикалық қызмет.* **Іскерлік қарым-қатынас.** *Ұжымдағы қызметкерлердің немесе серіктестердің арасындағы өзара қатынастар.* **Іскерлік қатынас.** әлеум. экон. *Ұтымды ұйымдасқан, істің мүддесіне айқын бағдарланған белсенділік.* **Іскерлік қызмет көрсетулер**. экон. *Техникалық күтім жасау жөніндегі қызмет көрсетулер, ақыл-кеңес беру сипатындағы қызметтер.* **Іскерлік ойын**. а) пед. *Кәсіптік немесе өзге әрекеттердегі жағдайларға құрылған ойындар.* ә) экон. *Әртүрлі өндірістік жағдайда берілген ережелер бойынша басқару шешімдерін айнытпай қабылдау әдісі.*

**ІСКІ** зат. мед. <нем. Spritze> *Дәрі егетін ине, шприц.*

**ІСКІРТ** зат. жерг. *Мая.*

**ІСКІРТТЕ=** ет. жерг. *Маялау, маяға салу.*

**ІСКІРТТЕУ** *Іскіртте етістігінің қимыл атауы.*

**ІСҚАҒАЗ** зат. *Мекеме, кәсіпорындардағы ресми қарым-қатынастарда қолданылатын құжат түрлері.*

**ІС-ҚАРЕКЕТ** зат. ***Іс-әрекет.***

**ІС-ҚИМЫЛ** зат. *Түрлі іс-әрекет; жүріс-тұрыс.*

**ІСЛӘМ** зат. сөйл. ***Ислам.***

**ІСМӘШИНЕ** зат. *Киім тігетін қол мәшине.*

**ІСМЕР** сын. *Қолынан әр нәрсе келетін, істің көзін білетін шебер, өнерлі, ұста.*

**ІСМЕРЛІК** зат. *Шеберлік, ұсталық.*

**ІС-МІС: іс-міс жоқ.** *Ай-шайға қарамады.*

**ІСПАРАҚ** зат. ресми. *Қызметкерлердің, жұмысшылардың кадрлар бөлімінде сақталатын жеке ісқағазы.*

**ІСПЕК** зат. кәс. *Қауынның түйінектей бастауы.*

**ІСПЕКЕР** сын. жерг. *Шебер, ісмер.*

**ІСПЕРЕК** зат. өс. сөйл. *Малазықтық құнды шөптердің түрі.*

**ІСПЕТ** зат. жерг. **1.** *Сиық, түр, түс.* **2.** *Сипат.*

**ІСПЕТТЕН=** ет. *Ұқсау, сол сияқты болу.*

**ІСПЕТТЕНДІР=** ет. *Бір нәрсеге ұқсастыру, ұқсаттыру, тәріздендіру, сияқтандыру.*

**ІСПЕТТЕНДІРУ** *Іспеттендір етістігінің қимыл атауы.*

**ІСПЕТТЕНУ** *Іспеттен етістігінің қимыл атауы.*

**ІСПЕТТЕС** сын. *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты.*

**ІСПЕТТІ** шыл. *Бір нәрсені екінші затқа ұқсастыру үшін қолданылатын көмекші сөз; бір нәрсе тәрізді, сияқты.*

**ІССАПАР** зат. ресми. *Кәсіпорын, ұйым, мекеме, фирма қызметкерінің қызмет бабындағы тапсырманы тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде орындау үшін басшының өкімімен шығатын сапары.*

**ІССІЗ** сын. *Жұмыссыз, еңбексіз, шаруасыз.*

**ІССІЗДІК** зат. *Жұмыссыздық, еңбексіздік, шаруасыздық.*

**ІСТЕ**= ет. **1.** *Бір нәрсемен айналысу, бірдеңе қылу, әрекет ету.* **2.** *Іс жүзіне асыру, орындау, жасау.* **3.** *Бір нәрсені жасау, жасап шығару.*

**Істеген ісі далаға кетті**. *Бар қызметі зая болды, босқа бейнет етті.* **Істемегені осы еді**. *Әбден көресіні көрсетіп еді, енді осы қалды ма деген мағынада айтылады.*

**ІСТЕЛ=** ет. *Бір нәрсенің жүзеге асырылуы; жасалуы.*

**ІСТЕЛГЕНДІК** зат. *Жасалғандық, орындалғандық.*

**ІСТЕЛУ** *Істел етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕЛІН=** ет. **1.** *Жасалу, дайындалу.* **2.** *Орындалу, атқарылу.*

**ІСТЕЛІНУ** *Істелін етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕМДІК** сын. *Істеуге болатын, жарайтын.*

**ІСТЕС** сын. *Бірге жұмыс істейін, қызметтес, жұмыстас.*

**Істес болды**. сын. *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес, кәсіптес болды.*

**ІСТЕС=** ет. *Бірге жұмыс істеу.*

**ІСТЕСТІК** зат. *Істес болушылық, бірге істегендік.*

**ІСТЕСУ** *Істес етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕТ=** ет. *Жұмыс атқарту, бір нәрсені жасату.*

**ІСТЕТКІЗ=** ет. *Бір нәрсені жасаткызу, атқартқызу.*

**ІСТЕТКІЗУ** *Істеткіз етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕТТІР=** ет. *Жасаттыру, орындаттыру.*

**ІСТЕТТІРУ** *Істеттір етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕТУ** *Істет етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТЕУ** *Істе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсемен айналысу, жасау, жүзеге асыру.* **2.** ауыс. *Шешу, жауабын табу.*

**ІСТЕУШІ** зат. *Қандай да бір әрекетті атқарушы, жұмысты орындаушы.*

**ІСТІ** сын. *Қылмысты, айыпты, күнәсі бар.*

**ІСТІК**[1] зат. **1.** *Ұшы ұшкірленген темір.* **2.** әск. *Топырақ бетінен аздаған тереңдікте орнатылған, жаяу әскерге қарсы миналарды табуға арналған қарапайым әрі сенімді құрал.*

**Істік мұрын.** *Ұшы біздей ұшкір мұрын.* **Істікке шаншу.** жерг. *Себепсіз обалды қылу, бекерден-бекер шырылдату, жамандау.* **Істік те, төстік те күймейтін.** жерг. *Ешкім де зиян тартпайтын, ешкімге де залалы жоқ.*

**ІСТІК**[2] сын. *Ұшы біздің ұшындай өткір, ұшкір, сүйір.*

**ІСТІКТЕ=** ет. *Ұшкір етіп ұштау, ұшын шығару.*

**ІСТІКТЕЛ** = ет. *Түйрелу, шаншылу.*

**ІСТІКТЕН=** ет. *Ұшкірлену, ұшкілдену.*

**ІСТІКТЕНУ** *Істіктен етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТІКТЕТ=** ет. *Сүйірлету, ұшкірлету.*

**ІСТІКТЕТУ** *Істіктет етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТІКТЕУ**[1] сын. *Ұшкірлеу, сүйірлеу; біздиген.*

**ІСТІКТЕУ**[2] *Істікте етістігінің қимыл атауы.*

**ІСТІКТІ** сын. *Істігі, найзасы бар.*

**ІСТІНЖА** зат. діни. ***Истинжа.***

**ІСТІР=** ет. *Ісіріп алу, қабындыру, домбықтыру.*

**ІСТІРУ** *Істір етістігінің қимыл атауы.*

**ІСУ** *Іс етістігінің қимыл атауы; домбығу.*

**ІС-ХАРЕКЕТ** зат. ***Іс-әрекет.***

**ІС-ШАРА** зат. *Жүзеге асырылатын бірқатар амал, шаралар.*

**ІСШЕҢ** сын. *Жұмысты жақсы істейтін, еңбекқұмар.*

**ІСШЕҢДІК** зат. *Жұмысқа ынталылық, еңбекқұмарлық.*

**ІСШІЛ** сын. **1.** *Істі жақсы істейтін, іске ұқыпты, еңбексүйгіш.* **2.** *Іскер, істің көзін табатын.*

**ІСШІЛДІК** зат. *Істі жақсы істейтіндік, іске ұқыптылық.*

**ІСІК** зат. <лат. tumoz> *Дененің не белгілі бір мүшенің ауру салдарынан зақымданған жері.*

**Ісіктегі экология**. экол. *Ағзалар арасындағы ағзалар мен олардың қоршаған орта арасындағы қатерлі жаңақұрылым түзілуіне апарып соғуы мүмкін қарым-қатынастарды зерттейтін ғылыми бағыт.*

**ІСІКТІ** сын. *Ісігі бар.*

**Ісікті пневмония.** мед. *Пневмококтардан пайда болатын және онда өкпенің тұтас бөлігі немесе бірнеше сегменті зақымданатын өкпе ауруының түрі.*

**ІСІН=** ет. **1.** *Суықтың зардабынан дененің зақымданып, домбығып ауруға шалдығуы.* **2.** *Бет-пішіннің, дененің күмпиіп, дүрдиіп көрінуі.* **3.** ауыс. *Өзінше ісіп-кебу, көкірек керу, өзін мықтыға санау.*

**ІСІНГІШ: ісінгіш саздар.** геол. *Сулы ортада су молекулаларын сіңіріп, қатты көмпиіп ісінетін саз түрлері.*

**ІСІНГІШТІК** зат. хим. *Әртүрлі материалдардың сұйықтарды өздеріне сіңіргенде көлемдерінің ұлғаю қасиеті.*

**ІСІНДІР=** ет. *Күмпиту, дүрдиту.*

**ІСІНДІРУ** *Ісіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ІСІНУ** *Ісін етістігінің қимыл атауы.* **1.** мед. *Ағзаның зақымданып барбиюы, дүрдиюі.* **2.** хим. *Қоршаған ортадан сұйықты немесе буды сіңіру нәтижесінде қатты дене көлемінің ұлғаюы.*

**Ісіну төбелері**. геол. *Аса ылғалды дисперсиялық таужыныстар тоңға айналғанда пайда болатын біржылдық немесе көпжылдық төбелер.*

**ІСІҢКІ** сын. *Аздап іскен, ісінген.*

**ІСІҢКІЛІК** зат. *Аздап іскендік, ісінгендік.*

**ІСІҢКІРЕ=** ет. *Ісіне түсу, аздап домбығу.*

**ІСІҢКІРЕУ** *Ісіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

**ІСІП-КЕБУ** *Ісіп-кеп етістігінің қимыл атауы.*

**ІСІП-КЕП=** ет. **1.** *Адам денесінің ісініп, терінің күрғап кетуі.* **2.** ауыс. *Менменсіп дандайсу, көпіре сөйлеу, мақтану.*

**ІСІР=** ет. *Қабындыру, ісіндіру.*

**ІСІРТ=** ет. *Домбықтыру, қабындыру.*

**ІСІРТУ** *Ісірт етістігінің қимыл атауы.*

**ІСІРУ** *Ісір етістігінің қимыл атауы.*

**ІСІРІП** зат. көне. *Үйдің іргесі, іргетасы.*

**ІШ**[1] зат. **1.** *Ішек-қарын орналасқан мүше, құрсақ.* **2.** *Бір нәрсенің ішкі жағы, ортасы, арасы.* **3.** ауыс. *Жаны, болмысы, жүрегі.* **4.** *Көкей, ой, сезім.* **5.** *Астар, астыртын мән, тереңдегі мазмұн.*

**Іш еттері.** анат. *Дененің алдыңғы жағындағы түзу, қиғаш, көлденең орналасқан, қабырға құрап, ішкі ағзаларды қорғап тұратын ішкі-тысқы бұлшық еттердің тобы.* **Іш жанды.** поэт. *Іші ашыды, күйінді.* **Іш жарасы.** *поэт.* *Жанды азапқа салар дерт; қайғы-қасірет.* **Іш жиды. Т***артынды, бағынды.* **Ішке байланды.** бейн. *Көңілінде шемен боп сақталды.* **Іш кебу.** вет. <лат. tumpania ruminis> *Тез ашитын жемшөп жегеннен күйіс қайыратын малдың қарынына шамадан тыс газдың жиналуы.* **Ішке бүгу.** *Ойын, сырын, ниет-пиғылын ешкімге білдірмей, айтпай жасырын сақтау.* **Ішке бүкті.** *Жасырып қалды, айтпады, көңілге сақтады.* **Ішке кірді [енді].** а) *Тіл тауып жақындасты.* ә) *Көкейге қонды, ұнады, түсінікті болды.* **Ішке қайтіп сыйған.** *Қалай шыдаған, ішіне сақтаған, сыр ашпаған деген мағынада.* **Ішке қонбады.** поэт. *Жасы ұлғайған соң ешбір қызыққа зауқы соқпады деген мағынада.* **Ішке мұз байланды.** *Көңілде дық қалды, өкпелі болды.* **Ішке түйді.** *Ойына тоқыды, бір пікірге келді: іште сақтады.* **Іш қайнайды.** поэт. *Көзі қызықты, құмары артты.* **Іш қуысы.** анат. *Дененің ішек-қарын орналасқан бөлігі.* **Іш мылтықпен атты.** оқказ. *Жақтырмай, оқты көзімен қарады.* **Іш пысты.** а) *Жалықты, зерікті.* ә) *Тағатсызданды.* **Іш пікірі.** *Көңіліндегісі, түйгені, ойы.* **Іш пікірін білдірді.** *Көңілін, ойын, көңілге түйгенін сездірді, аңғартты.* **Іш сүзегі.** мед. *Арнайы бактерия тудыратын, жедел түрде өршитін жұқпалы ауру.* **Іштегі шерін шығарды [төкті, тоқтатты].** *Ішіндегі мұң-зарын айтты.* **Іште жалын [шоқ].** поэт. *Ішін оттай күйдірді деген мағынада; қайғы, мұң.* **Іште қалды.** *Анасының құрсағында жатқанда әкесінен қалған, айырылған бала туралы айтылады.* **Іштен жанатын қозғалтқыш.** физ. тех. *Іштен жану энергиясын механикалық энергияға айналдыратын мәшине.* **Іштен күйді.** *Ешкімге сыр жармай қайғырды.* **Іштен қара [қыңыр] туған.** *Мінезі шәлкес, өз дегені болмаса, ешкімнің айтқанына көнбейтін. іштен шалды.* а) *Күресkенде аяқты іш жағынан орай қақты.* ә) ауыс. *Жасырын, іште жүріп қастық әрекет етті.* **Іштен шалу.** спорт. *Қарсыласты аяқпен шалып құлату әдістерінің бірі.* **Іштен шыққан шұбар жылан.** *Қанша «жаман» дегенмен өз құрсағынан шыққан, өзінен туған перзент, ыстық-суығына төзесің, жаман-жақсысына көнесің деген мағынада.* **Іштері жібісті.** *Бір-біріне көңілдері кетті, іш тартты, жақын көрді.* **Ішті елжіретті.** *Мейірлендірді, еміреңдірді, ішті жылытты.* **Ішті жалады.** *Өзегін өртеді, ішін күйдіріп барады деген мағынада.* **Ішті жегідей кемірді.** *Мазаны алды, қабырғаны қайыстырды, күйзелтті.* **Ішті жеді [кемірді].** *Мазаны алды, қабырғаны қайыстырды, күйзелтті.* **Іші алай-түлей болды.** *Көңілі қобалжыды; көңілі толқып алабұртты.* **Іші алау-жалау болды.** *Іші күйді, қызғанды, іштарлық етті.* **Іші алаулады.** *Күйзелді, толқыды, іші күйді.* **Іші – алтын, сырты – күміс.** поэт. а) *Терең мағыналы, мазмұнды (әңгіме, сөз, өлең).* ә) *Мінезі жақсы, ақылды адам деген мағынада.* б) *Келісті, таңдаулы.* **Іші ауырды.** а) *Ренжіді, қиналды.* ә) *Өкінді, іші ашыды.* **Іші арам.** *Пиғылы жаман, көңілі қара.* **Іші ашыды.** а) *Күйінді, өкінді.* ә) *Қимастық білдірді, амалсыз қимасын бергенге күйінді.* **Іші білді.** *Өзі ғана түсінді, көңілі сезді, шамалады.* **Іші берік.** *Өз есебі өзінде.* **Іші берік болды.** *Іштей өз есебі өзінде болумен қатар, ұстамды, кішіпейіл болу керек деген мағынада.* **Іші боқ.** тұрп. *Еш нәрсеге жарамсыз деген мағынада.* **Іші бұзылды.** *Іші өтті.* **Іші бұрап ауырды.** *Түйнеп ауырды.* **Іші бұрды.** *Біреуді жақтады; біреуге жанашырлық жасады, бүйрегі тартты.* **Іші бүлк етті [қылпылдады].** *Бірдемеден сезіктенген кісі туралы айтылады.* **Іші білді [сезді].** *Өзі ғана түсінді, көңілі сезді, шамалады.* **Іші елжіреді [жылыды].** *Мейірі түсті, жақсы көрді. іші ериді.* поэт. *Жаны ашыды, аяды.*

*іші жанды. Күйіп-пісті, ызаланды, ашуға булықты.* **Іші жарау, жоны қырау.** поэт. *Қоңы жоғары, күйлі, семіз.* **Іші жарыла жаздады.** *Қатты қызғанды.* **Іші жарылғанша ішті [жеді].** *Мөлшерден тыс, өте көп тамақ жеді, сусын ішті.* **Іші жарылды.** а) *Іші пысып, зерікті.* ә) *Ішіне сыймай, біреуге айтқысы келді.* **Іші жарылсын [ішің жарылғыр].** қарғ. *Қатты ашуланғанда, жек көргенде айтылатын қата қалсын, оңбасын деген мағынадағы қарғыс сөз.* **Іші жарылып барады.** *Іші пысып, қатты жалықты.* **Іші жарылып кете жаздау.** *Кіре алмау, қызғаныштан күю, күндеу.* **Іші жау болды.** поэт. *Жасырын қысастық ойлады; іштей қас болды.* **Іші жүрді [өтті].** *Үлкен дәретке отырды, тышқақтады.* **Іші жылыды [жібіді].** *Жақсылыққа көңілі құлады, мейірленді.* **Іші ит жалағандай болды [ұлыды].** *Қарны ашып, өзегі талды. іші ит жыртқандай [ит тырнағандай].* **Іші әлем-жәлем, іші удай ашыды.** **Іші кебеді.** *Біреуге тіл қатпаса аузы қисаяды, сөйлемей, бірдеңе істемей отыра алмайды, ішіне сыймайды.* **Іші кепкенше жеді.** *Тоя жеді, әбден тойды.* **Іші күйді [өртенді].** а) *Көре алмады, қызғанды.* ә) *Қатты күйінді, ренжіді.* б) *Жаны ашыды, аяды.* **Іші қазандай қайнайды.** *Ашу-ызасы келеді, қаны қайнайды (шарасыздықта айтылады).* **Іші қаламады.** *Жақтырмады, ұнатпады.* **Іші қатты.** *Үлкен дәретке отыра алмады.* **Іші қату.** а) мед. *Тоқ ішек қызметінің бұзылуына байланысты үлкен дәреттің мүлдем жүрмей қалуы.* ә) *Ашулы, өкпелі, реніште.* **Іші қимады.** *Қолынан шығарғысы келмеді; аяды; айырылыса алмады.* **Іші қоң торғайланды.** *Жүдеу көрінді, азып-тозды.* **Іші қорықты.** *Тайсалды, сескенді, сезіктенді.* **Іші қуырылмайтын, пышағы суырылмайтын.** *Аш-жалаңаш ел, жалаңқай, шүйгін оты жоқ жер деген мағынада.* **Іші қыж-қыж қайнады.** а) *Ашу-ызасы қозды, өшікті, кектенді.* ә) *Ішін күйдіре құмартқызды.* **Іші қыз-қыз қайнады.** *Ашуға булықты, қатты күйінді.* **Іші қып ете қалды.** *Бірден сезіктене қойды.* **Іші лас, сырты таза.** *Сырты – бүтін, іші – түтін, қу, айлакер.* **Іші майланды.** *Әл-ауқаты артты, тұрмысы жақсарды.* **Іші майлы.** а) *Күйлі, қоңды, семіз.* ә) *Ауқатты, әлді.* **Іші мұздады.** а) *Қатты шошыды.* ә) *Ұнатпай қалды, тітіркенді, ренжіді, өкпеледі.* **Іші мұздай болды.** *Жүрегі су етті, секем алды.* **Іші мықты.** *Өз есебі өзінде, арамдығы күшті.* **Ішін ақтарды [ашты].** *Бар сырын айтты, көңілдегі арман-мұңын жайып салды, мұңын шақты.* **Ішін алдырмады.** *Ойын сездірмеді, сыр берме-ді.* **Ішін бұзды.** *Асқазанына жағымсыз тиіп, ішін өткізді.* **Ішіндегі мұзы ериді.** *Көңілі жібіді.* **Ішінде жыланы бар ма.** *Ашқарақ, тойымсыз, тамақсау адам туралы айтылады.* **Ішінде ит [мысық] өліп жатыр.** *Еш сырын шашпады, пікірі ішінде, ойында не барын ешкім білмейді.* **Ішінде ит өліп жатса да.** *Ешкімге айтпаған жан сыры, үлкен құпиясы, Құдай алдында күнәсі болса да.* **Ішіне арыстан ойнағандай.** *Тыпыршып, тыныштық таппай.* **Ішіне бүкті [сақтады, жиды].** *Сыр сақтады, тіс жармады.* **Ішіне қонбады.** *Ұқпады, миына кірмеді.* **Ішіне ел қонды.** *Тамақ ішіп, аштықтарын басты, тойды.* **Ішіне енді.** *Тіл тауып жақындасты.* **Ішіне жел қарысты.** *Ішіне салқын тиді.* **Ішіне жиды.** *Сыр сақтады, тіс жармады.* **Ішіне кірсе шыққысыз.** *Сән-салтанатты, құлпырып жайнап тұр, өте әдемі, көркем.* **Ішіне кіріп-шықты.** *Көңілдегі бар сырын, ойын білді.* **Ішіне қан қатқан.** *Қызғанышын ішіне сақтаған; әбден өшіккен.* **Ішіне қыл [шынашақ] айналмайды.** *Өте іші тар, қызғаншақ.* **Ішіне мұз қатты.** *Көңілі қалды, түңілді.* **Ішінен [бықсып] ширіді.** поэт. *Іші жамандыққа толды, іші жаман оймен уланды, іші шірік ойға толды.* **Ішінен жайлады.** *Бауырына кіріп алып, зұлымдық жасады, сездірмей аяқтан шалып, қастандық жасады.* **Ішінен күлді.** *Сыртқа білдірмей ажуалады, мысқылдады, келекеледі, мазақтады.* **Ішінен кіріп, сыртына шықты.** *Жағынды, өзіне бұрып алды, жағымпазданды.* **Ішіне пышақ айналмайды.** *Іші тар, қызғаншақ.* **Ішіне шынашақ айналмайды.** *Іші тар, қызғаншақ.* **Ішіне сыймады.** *Айтқысы келді де тұрды, сыр сақтай алмады.* **Ішіне толғау салды.** поэт. *Ойға қалдырды, тебірентіп, көңілін шарықтатты.* **Ішін жылан жалап жібергендей [өткендей].** *Удай ашытты, күйдірді; өзін өте жаман сезінді, өкіндірді.* **Ішін жылытты.** а) Мейірлендірді, елжіретті. ә) *Көңілге жылу ұялатты.* **Ішін иттей жалады.** *Удай ашытты, ішін күйдірді.* **Ішін иттей кемірді.** *Жегідей жеді, мазасын алды.* **Ішін ит тырнағандай қиналды.** *Іші әлем-жәлем болып, удай ашып азаптанды, қатты күйзелді.* **Ішін кептірді.** *Қарғап-сіледі, әбден жамандап сөз қылды.* **Ішін күйдірді.** *Біреудің күншілдігін күшейтті, қызғанышын арттырды, ішін ашытты.* **Ішін қара мысық тырнады.** *Іші күйді, қызғанды.* **Ішін от қылды.** поэт. *Қайғыға салды, ішіне ғашық отын түсірді.* **Ішін сезді.** *Сырын білді, ойын түсінді.* **Ішін соқты.** *Жиі және терең дем алды, алқынды.* **Ішін тартты** а) *Секем алды, күдіктенді.* ә) *Ышқынды, дүлейленді.* б) *Таңырқады, қайран қалды.* в) *Алай-түлей боран жел соғардың алдында бір сәт тыныстады.* **Ішін тартып күлді.** *Өте қатты, тежеусіз, көзінен жас аққанша күлді.* **Ішін тырнады.** *Қатты өкінді, өзегі өртене ашынды.* **Ішін ұрайын!** бейпіл. *Не болса, ол болсын, қажет емес т.б. деген мағынада айтылатын кейіс.* **Ішін үгіп алды.** жерг. *Бар сырын айтқызды, сырын ақтартты.* **Ішің кепкір.** қарғ. *Мес болғыр, қаталап қалғыр деген мағынада.* **Ішің күйсе, тұз жала.** а) *Шоқ-шоқ, саған сол керек! (біреудің болғанын көре алмайтын кісіге айтатын табалау түріндегі сөз).* ә) *Шыдамасаң жарылып кет.* **Ішің толғыр!** қарғ. *Оңбағыр, ойының осылғыр деген мағынада.* **Ішіңді жара ма?** сөйл. *Артық етпейді, керексіз емес.* **Ішіңді жылан жайлап отыр ма?** *Тоймадың ба, көнің кепті ме, жалмауызсың ба? деген мағынада.* **Ішіңе арыстан ойнап бара ма?** *Тыпыршып, тыныштық таппай жүрген бала туралы айтылады.* **Іші оттай күйді.** *Елжіреді, еріді, балқыды.* **Іші [оттай, қазандай] қайнады.** *Іші күйді, ыза кернеді, күйіп-пісті.* **Іші [оттай] жанды [күйді].** *Қатты қапаланды, қайғыдан өртенді, азаптанды.* **Іші өлген, сырты [құр денесі] сау.** *Құр сүлдесі ғана жүр, көңілі басылған, өмірден түңілген, сырты бүтін, іші түтін, ішінен тынған.* **Іші өлді [өлік].** поэт. *Көңілі селт етпеді; ішкі дүниесі құлазып қалды.* **Іші өртенді.** а) *Көре алмағандықтан іші күйді.* ә) *Ғашық оты шарпыды.* **Іші [іштен] сезді.** *Біреудің сырын я әрекетін білді, аңғарды.* **Іші өтті.** *Ішіне, асқазанына ас тұрмады, тоқтамады.* **Іші [сай-сүйегі, іші-бауыры] ериді.** *Жаны ашыды, аяды; елжіреп-егілді.* **Іші суыды.** *Көңілі қалды, ренжіді; ұнатпады, жақтырмады.* **Іші тар.** *Пейілі тар, қызғаншақ, біреудің болғанын көре алмайтын күншіл.* **Іші толды.** а) *Іші шерге толып, қамықты.* ә) *Іші пысты.* **Іші түтін, сырты бүтін.** а) *Сырт көзге саламатты көрінгенмен қайғылы, уайымды, шерлі.* ә) *Сырты әсем болғанмен, жаны таза емес.* **Іші у жалағандай болды [күйді].** *Іші әлем-тапырық болды, удай ашыды.* **Іші улыжу.** *Уайымдау, сағыну.* **Іші удай ашыды.** *Іші күйді, тым қатты өкінді.* **Іші ұлыды.** *Қарны ашты, іші шұрқырады, тамақ жегісі келді.* **Іші шұрқырады.** *Тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* **Іші ішіне кірді [қабысты].** *Аштықтан бұралды, қатты ашықты деген мағынада.*

**ІШ²** елік. *Бала тілінде кіші дәретке бару дегенді білдіретін сөз*

**Іш етті.** экспр. *Жас бала сиіп қойды.*

**ІШ** = ет. **1.** *Сұйық затты сіміре жұту, ұрттау.* **2.** *Тамақтану, ішіп-жеу.* **3.** ауыс. *Бастан қиын-қыстау кезеңдерді өткізу.*

**Ішер ас, киер кім.** *Күнкөріс азығы мен киім-кешек.* **Ішкен асы бойына батпады [тарамады].** а) *Көңілі көншімеді, қанағат таппады.* ә) *Қатты қобалжыды, алаң болды.* **Ішкен асы бойына тарады.** *Уайым-қайғыдан арылды, тыншыды.* **Ішкен асы бойына тарамады [батпады].** *Қатты алаң болды, көңілі орнықпады.* **Ішкен асын батырмады.** *Көңілі көншітпеді, сарыуайымға түсірді, қайғыртты.* **Ішкен асын жерге қойды.** *Есіл-дерті сонда болды, көңілі алаңдады, қатты риза болды; бәйек болды, шын ықылас білдірді.* **Ішкен асы тамағынан өтпеді.** *Көңілі алаңдап, асқа тәбеті шаппады.* **Ішкен мас, жеген тоқ.** а) *Ойсыз, алаңсыз, бихабар.* ә) *Көңілі жайбарақат, уайым-қайғысыз.* **Ішкені алдында, ішпегені артында.** *Не ішіп, не жеймін демейді, тұрмысы жақсы, шаруасы күйлі – бәрі сай.* **Ішкені ас болмады.** а) *Көңілі көншімеді, мазасы кетті.* ә) *Қатты уайымдады, күйзелді, қобалжыды.* **Ішкені зәр [ірің], жегені желім.** *Көргені қорлық, өмірі өксіген деген мағынада.* **Ішкенін зәр, жегенін желім етті.** *Қақ-соқтыға салып, күн көрсетпеді, көзге түртпек қылды.* **Ішкенің ірің, жегенің желім болсын!** қарғ. *Бойыңа сіңбесін; алғаның арам болсын!* **Ішкені ірің [зәр], жегені желім.** а) *Қақ-соқтыға салып, күн көрсетпеді, көзге түртпек қылды.* ә) *Уайым-қайғыдан ас батпау деген мағынада да айтылады.* **Ішсе тамаққа, кисе киімге жарымады.** *Тұрмысы оңалмады, тапқаны тамағына жетпеді.* **Ішсе ішіне, жесе жайына.** *Дені сап-сау, аяқты аяғымен, табақты табағымен.*

**ІШАРАЗ** сын. *Сыртқа білдіртпей, іштей араздасқан.*

**Ішараз болды.** *Сыртқа шығармай араздасты; араздығын ішінен тынып сақтады.*

**ІШАРАЗДЫҚ** зат. *Сыртқа білдіртпей, іштей араздасушылық.*

**ІШДӘРЕТ** зат. діни. *Намаз оқыр алдындағы жуыну рәсімі.*

**ІШДӘРІ** зат. өс. <лат. rhamnus cathartica> *Қаражемістің бір түрі, ішдәрі қаражеміс.*

**ІШДӘРІ** зат. өс. <лат. rhamnus cathartica> *іш жүргізетін дәрілік өсімдіктердің құрамына кіретін, қаражемістер тұқымдас, қабығы қара түсті бұталы өсімдік.*

**ІШДӘРІ: ішдәрі қаражемісі.** өс. <лат. rhamnus cathartica> *Жапырақтары кезектесіп немесе қарама-қарсы орналасқан, гүлдері ұсақ, қос немесе дара жынысты, жемісі сүйекше тәрізді, тұқымы домалақ, қысыңқы, қаражемістер тұқымдасына жататын өсімдік.*

**ІШЕК** зат. **1.** *Адам, мал, жан-жануарлардың қарынмен жалғасып жатқан, ас қорытатын мүшелерінің бірі.* **2.** анат. <лат. intestinum> *Ас құрамындағы күрделі органикалық заттардың (белоктар, майлар, көмірсулар, нуклеин қышқылдары және т.б.) қорытылу және сіңірілу процестері жүретін түтікше ас қорыту мүшесі.* **3.** муз. *Музыкалық аспапқа арнайы жасалған, дыбыс-үн шығару мақсатымен оған тағылатын жіңішке жіп, сым (қыл); малдың ішек-сіңірінен жасалған домбыраның тартып ойнайтын бөлігі.*

**Ішегі қатқанша [түйілгенше] күлді.** *Іші ауырғанша қатты күлді, ішек-сілесі қатты.* **Ішегін тартты.** *Таңданып не сасып қалғанда ішке дем тартты.* **Ішегін шұбатып.** *Көп балалы отбасының жүріп-тұруы, көшіп-қонуындағы қолайсыздық жайлы айтылады.* **Ішегінің қырындысына дейін ақтарды.** *Көңілдегісін түк қалдырмай түгел айтты, бар шынын ақтарды, жайып салды.* **Ішегің үзілгір!** қарғ. *Қатты жылаған балаға кейігенде, ұрысқанда айтылады.* **Ішегі түйілгенше күлді.** *Сықылықтап қатты күлді.* **Ішегі үзілген ішінен жалғасады.** *Ашыққан-тарыққан жұрт жалғасып күн көреді, ептеп-септеп күнелтеді деген мағынада.* **Ішегі үзілген ішінен жалғасады.** *Ашыққан-тарыққан жұрт жалғасып күн көреді, ептепсептеп күнелтеді деген мағынада айтылады.* **Ішегі шуылдады.** *Қарны ашты, тамақ ішкісі келді.* **Ішегі шұрқырады.** *Тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* **Ішегі шұрылдады.** *Тамақ жегісі келіп, қарны ашты.* **Ішекке құрт жайлады.** малшар. *Құрт, гельминит жұғудан ауыру, титықтау.* **Ішек қырындысына дейін біледі.** *Егжей-тегжейін жақсы біледі деген мағынада.* **Ішек таяқшасы.** биол. *Малдың ішегінде мекендейтін, кейде түрлі кеселге себеп болатын таяқша сияқты*

*бактериялар; ішек бактериясы.* **Ішек түйілу.** *Малда, адамда ішектің түйіліп ауыруы.*

**ІШЕКЖІП** зат. этн. *Әртүрлі жарақаттарды тігу үшін пайдаланылады ұсақ малдың аш ішегінен дайындалатын жіп.*

**ІШЕК-ҚАРЫН** зат. **1.** *Ас қорытатын мүшелер.* **2.** этн. *Сойыс малының тамаққа пайдаланатын ішкі органдары мен етінің кейбір бөліктері.*

**Ішек-қарны ақтарылды.** *Қарны жарылды.* **Ішек-қарны аралас [араласты].** *Етене жақын қарым-қатынаста (болды).* **Ішек-қарнын ақтарды.** *Көңілдегісін түгел айтып, бар шындықты жайып салды.* **Ішек-қарын аршыды.** *Сойылған малдың ішек-қарнын тазалады, жарамдысын бөліп алды.*

**ІШЕКҚУЫСТЫЛАР** зат. биол. <лат. coelenterata> *Денелері сәулелі симметриялы, қос қабатты, пішіні цилиндр, шатыр, табақша, қоңырау тәрізді омыртқасыз жануарлардың үлкен бір тобы [9000-ға жуық түрі бар, теңіздерде, азғана түрлері тұщы суларда мекендейді].*

**ІШЕКҚҰРТ** зат. биол. *Адам мен жануарлардың денесінде паразиттік түрде тіршілік ететін құрт.*

**ІШЕКСОРҒЫ** зат. биол. *Жұмыр құрттар класының аскарида отрядының өкілдері: адам аскаридасы, жылқы, шошқа аскаридасы.*

**ІШЕК-СІЛЕ: ішек-сілесі қатқанша [қатып] күлді.** *Ішегі түйілгенше күлді.*

**Ішек-сілесі [ішегі] қатты.** *Қатты күлді, мәз болды.* **Ішек-сілесін қатырды.** *Әбден күлдірді.*

**ІШЕКТЕЙ** сын. *Ішек сияқты, ұзын, шұбылған.*

**Ішектей шұбатылған.** *Өте ұзақ, ұшы-қиыры жоқ.*

**ІШЕК-ТҮШЕК** зат. сөйл. *Ішек сияқты ішкі мүшелер.*

**ІШЕКТЫНЫСТЫЛАР** зат. зоол. <лат. enteropneusta> *Жартылай хордалылар типіне жататын теңіз жануарларының класы.*

**ІШЕКТІ** сын. *Ішегі бар, ішек тағылған.*

**Ішекті музыкалық аспаптар.** муз. *Ішектері арқылы үн шығаратын музыка аспаптары.* **Ішекті музыкалық оркестр.** муз. *Ішекті музыкалық аспаптардан құралған орындаушылар тобы.*

**ІШЕРМЕНДІК** зат. жерг. *Астық, күнделікті тамағына керекті азық.*

**ІШЕРМЕН-ЖЕРМЕН** сын. *Ішіп-жейтін.*

**ІШЕР-ІШПЕС** үст. *Ішіп болар-болмастан.*

**ІШЖАРҒЫШ** зат. жерг. кәс. *Қойдың іші кеуіп ауыратын ауру.*

**ІШКӘРА** жерг. *Ешкі мен қойдың күзгі төлі.*

**ІШКЕН-ЖЕГЕН** зат. сөйл. *Ас-ауқат.*

**Ішкен-жегенін [асын] кере қылды.** *Әбден мазасын алды, ішкен-жегенін желкесінен шығарды, бойға сіңіртпеді.*

**ІШКЕР** зат. жерг. *Ішкі жақ, ішкергі өлке.*

**ІШКЕРТІНДЕ** үст. жерг. *Орталықта.*

**ІШКЕРІ** үст. *Ішке қарай, ішке таман, ішкі жақ.*

**ІШКЕРІЛЕ=** ет. *Ішке қарай кіру, ену.*

**ІШКЕРІЛЕУ**[1] сын. *Ішке таман, ішкерірек.*

**ІШКЕРІЛЕУ**[2] *Ішкеріле етістігінің қимыл атауы.*

**ІШКЕРІРЕК** сын. *Ішке таман, ішкерілеу.*

**ІШКИІМ** зат. *Сырт киімнің ішінен киетін көйлек-дамбал.*

**ІШКӨЙЛЕК** зат. жерг. *Әйелдердің ішкі киімі.*

**ІШКӨТЕР=** ет. *Малдың тоқтап, буаз болуы.*

**ІШКӨТЕРУ** *Ішкөтер етістігінің қимыл атауы.*

**ІШКІ** сын. **1.** *Іш жағындағы, ішіндегі.* **2.** *Көңілдегі, ойдағы, іштегі.*

**Ішкі ағынды.** сушар. *Құрлық суларының дүниежүзілік мұхитқа емес, ішкі тұйық алаптарға ағындысы (мыс, Каспий теңізі, Арал теңізі, Балқаш көлі, Теңіз – Қорғалжын).* **Ішкі атау.** инф. <ағыл. internal name> *Берілген программалық блокта сақталған және одан тысқары болмайтын атау.* **Ішкі әскерлер.** әск. *Құқықтық тұрақтылықты сақтауға, арнайы мемлекеттік объектілерді қорғауға және басқа да қызметтік әскери міндеттерді орындауға арналған әскери бөлімдер.* **Ішкі баллистика.** әск. *Оқ-дәрілі газ әсерімен шығарылатын снарядтардың, миналардың және оқтардың қарудың ұңғы арнасындағы қозғалысын, сондай-ақ атыс кезінде ұңғы арнасында немесе оқ-дәрілі ракетаның жану камерасында болатын басқа процестерді зерттейтін сала.* **Ішкі бөлме.** *Үйдің ауыз үйден кейінгі ішкері орналасқан бөлмесі.* **Ішкі бөлме.** *Үйдің ауыз үйден кейінгі ішкері орналасқан бөлмесі.* **Ішкі драйвер.** инф. *Компьютердің стандартты құрылғыларын басқаратын бағдарлама.* **Ішкі дүние [күй].** психол. *Адамның ой әлемі, танымы.* **Ішкі дүниесі өзгерді.** а) *Мінез-құлқы, сыры өзгерді.* ә) *Ой әлемі, мәдени танымы өзгерді.* **Ішкі дүниесі өзгерді.** а) *Мінез-құлқы, ниеті өзгерді.* ә) *Ой әлемі, мәдени танымы өзгерді.* **Ішкі ентаңба.** инф. *Ұқсастыратын мәліметтермен бірге жазылатын және сақталынатын ентаңба.* **Ішкі есеп [қалта].** *Өз көңіліндегі сыр, ешкімге жария етпеген жоспар, шама.* **Ішкі есеп.** *Өз көңіліндегі сыр, ешкімге жария етпеген сыр, шама.* **Ішкі [меншікті] жад.** инф. <ағыл. internal (private) storage> *Есептеу құрылғысының ішінде орналасқан, жылдам істейтін және онымен тікелей басқарылатын, компьютердің орталық құрылғыларымен құрылымдық түрде біріккен және есептеуге қажет командалар мен мәліметтерді жедел, тұрақты немесе жартылай тұрақты сақтайтын компьютер жады.* **Ішкі жүйелік интерфейс.** инф. <ағыл. magistral interface> *Әрбір қос құрылғы арасында ақпарат алмасу мүмкіндігі бар жалпы шинаға қосылған компьютер құрылғылары арасындағы интерфейс.* **Ішкі консалтинг.** экон. *Белгілі бір ұйымның құрамында істейтін, ұйымның талдамалы, «штабтық» ішкі жүйесін құрайтын экономика мен басқару жөніндегі мамандар жүргізетін консалтинг.* **Ішкі көшкі.** жерг. *Киіз үйдің ішкі жағынан, киізінің астынан қаптауға арналып тігілген жалаң қабат жапқыш.* **Ішкі көші-қон.** заң. *Жеке адамдардың Қазақстан Республикасы ішінде біржола, уақытша, сондай-ақ маусымдық орын ауыстыруы.* **Ішкі қалта.** *Киімнің астарына тігілетін қалта.* **Ішкі қуат.** *Адам тәнінің тіні және дене мүшелерінің өзара байланысының көрінісі.* **Ішкі құлақ.** биол. <лат. auris interna, лат. auris – құлақ, interna – ішкі> *Есту және тепе-теңдік сақтау рецепторлары орналасқан құлақ бөлігі.* **Ішкі құн.** экон. *Опцион құны мен негізгі бағалы қағаздардың ағымдағы нақты ақшалай құны арасындағы айырманың доллар түріндегі көрінісі.* **Ішкі қызмет.** әск. *Әскери қызметшілердің әскери бөлімдегі күнделікті өмірі мен қызметі [Ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғыларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады].* **Ішкі қызмет жарғысы.** әск. *Жауынгерлердің міндеттері мен өзара қарым-қатынасын, бөлім мен бөлімшелердің өз ішіндегі тәртіп ережелерін, жауапты қызмет атқарушы адамдардың міндеттерін белгілейтін ережелер мен шарттар жиынтығы болып табылатын нормативтік-құқықтық акт.* **Ішкі модем.** инф. <ағыл. internal modem> *Компьютер құрамына кіретін оның ішкі тақшасында орналасқан модем түрі.* **Ішкі монолог.** әдеб. *Кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қарата айтылған арнауы [Көңіл күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі].* **Ішкі органдар.** анат. *Ас қорыту, тыныс алу, зәр шығару мен жыныс мүшелері.* **Ішкі Орда.** *Бөкей Ордасы.* **Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді.** *Егілді, уайым жеді, іші елжіреді.* **Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді.** *Егілді, уайым жеді, іші елжіреді.* Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді. *Егілді, уайым жеді, іші елжіреді.* **Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді.** *Жан дүниесі елжіреді.* **Ішкі өсу.** биол. <лат. interstitium – аралық, intus – ішкі, suscipere – тую> *Эмбрионалдық даму кезінде жас шеміршек ұлпасы мен талшықты дәнекер ұлпаларында, ал эмбриональдық даму кезеңінен кейін, тек шеміршек ұлпаларының қалпына келу (регенерация) процесінде байқалатын құбылыс.* **Ішкі рынок.** экон. *Елдің мемлекеттік шекарасымен шектелген тауар айырбасы аясы; тауар өндірушілер мен тұтынушылардың тауарларды өткізу жөніндегі экономикалық қатынастарының жиынтығы.* **Ішкі сарай.** а) *Адамның ішек-қарын, ішкі мүшелері.* ә) *Көңіл күй, жағдай, сыр.* **Ішкі сарай.** а) *Адамның ішкі ас қорытатын органдары.* ә) *Көңілдегі ой-пікір, белгісіз сыр, құпия пікір; жан сарайы.* **Ішкі сарайы ашық [түзу].** *Көңілінде қаяу жоқ, ешкімге арамдық ойламайды, ақжарқын.* **Ішкі саясат.** саяси. *Қалыптасқан әлеуметтік құрылымды сақтап, нығайтуға бағытталған мемлекеттің, оның құрылымдары мен институттарының қызметінің экономикалық, демографиялық, әлеуметтік-мәдени т.б. бағыттарының жиынтығы.* **Ішкі саясат.** саяси. *Белгілі бір мүдделерді қорғауға бағытталған, ел басқарудағы ішкі қарым-қатынастардың әрекеті, ұстаған бағыты.* **Ішкі сәулелену.** әск. *Ағзаның ішіне түскен радиоактивті заттардан сәулелену, зардап шегу.* **Ішкі сезім тілі.** бейн. *Ым-ишарат.* **Ішкі синтагма.** лингв. *Морфемалардан құралған қатар ретінде қарастырылатын туынды немесе күрделі сөз.* **Ішкі сөз.** лингв. *Субъектінің (сөйлеушінің) өзіне арналған, дыбысталып ашық айтылмайтын сөзі (ойы).* **Ішкі су.** экол. *Түгелімен белгілі бір мемлекеттің аумағында орналасқан теңіздер, өзендер мен көлдер, жағалаулары бір мемлекетке тиесілі, кірме ендері 10 теңіз милінен (18,52 км) аспайтын теңіз порттары, қойнаулар мен шығанақтар.* **Ішкі сұрыптау.** инф. <ағыл. internal sorting> *Жедел жадта орналасқан мәліметтерді сұрыптау.* **Ішкі сыйақы.** экон. *Алға қойылған мақсатқа қол жеткізуден алынған қанағат.* **Ішкі сыр.** а) *Адамның жасырын ойы, құпиясы.* ә) *Мән, мазмұн, сыр-сипат.* **Ішкі сілтеме.** инф. <ағыл. the internal reference> *Сол модульде анықталған объектіні пайдалану.* **Ішкі танау тесік.** анат. <лат. choanae> *Аңқамен (жұтқыншақтың ауа жүретін жолы) жалғастыратын мұрын қуысының шығаберіс тесігі.* **Ішкі теңіз.** сушар. *Құрлыққа тереңдей кіріп жатқан, мұхитпен бұғаз арқылы жалғасатын теңіз.* **Ішкі теңіз.** *Құрлыққа терең еніп, мұхитпен немесе екінші теңізбен бір шеті ғана шектесіп жатқан теңіз.* **Ішкі [от] тіс [жұлар].** *Ортадағы маңдай тіс – қасқа тістен кейінгі ұртқа қарай санағандағы екінші тіс.* **Ішкі үзілім.** инф. <ағыл. internal interrupt> *Ағымдағы процеске қатынасы бойынша ішкі сигналдар себепші болатын үзілім.* **Ішкі үй.** *Төрдегі түпкі бөлме.* **Ішкі үйкеліс коэффициенті.** физ. *Сұйықтың немесе газдың түйіскен қабаттарының бірлік ауданына әсер ететін ішкі үйкеліс күші мен осы қабаттар қозғалысының жылдамдық градиенті арасындағы пропорционалдық коэффициент.* **Ішкі үйкеліс күші.** кен. *Сұйық ішінде түйісе, қатарлас орналасқан қабаттардың қозғалуы кезінде олардың арасындағы пайда болатын үйкеліс күші.* **Ішкі флексия.** лингв. *Түбірдегі дыбыстардың алмасуы [Ол – сөздің лексикалық мағынасына әсер етпейді, бірақ оның грамматикалық мағынасының өзгеруіне ықпалын тигізеді. Түбірдегі дыбыстың алмасулар Еуропа тілдеріне, араб тіліне тән құбылыс. Қазақ тіліне тән емес].* **Ішкі функция.** инф. <ағыл. internal function> *Өзін шақыратын процедураның ішінде анықталатын функция.* **Ішкі шығын.** экон. *Кәсіпорынның өзі жұмсайтын (қаржыландыратын) өндіріс шығыны.* **Ішкі істер органдары.** *Мемлекеттің ішкі тәртібімен шұғылданатын орындар, мекемелер.*

**ІШКІЗ=** ет. *Іштіру, ұрттату.*

**ІШКІЗУ** *Ішкіз етістігінің қимыл атауы.*

**ІШКІЗІЛ=** ет. *Сұйық астың, сусынның өңеш арқылы өткізілуі.*

**ІШКІЗІЛУ** *Ішкізіл етістігінің қимыл атауы.*

**ІШКІЛІК**[1] зат. *Адамды мас қылып, ақылынан адастыратын алкогольдік сусын; арақ-шарап, спиртті ішімдік.*

**Ішкілікке салынды.** *Арақ-шарап ішуге беріліп кетті.*

**ІШКІЛІК**[2] з а т. ж е р г. э т н. **1.** *Ер-тұрманның ішкі төселетін бөлігі, ер-тоқымның астындағы ең төменгі тоқым.* **2.** *Ішкі ұлтан.*

**ІШКІ-ТЫСҚЫ** с ы н. *Іш жақтағы мен тыс жақтағы, бәрі.*

**ІШКІШ** с ы н. **1.** *Тамақты, асты көп ішетін.* **2.** а у ы с. *Ішкіліктің соңына түскен, арақ-шарапты көп ішетін, ішімдікке салынған, маскүнем. // Маскүнем адам.*

**ІШКІШТІК** з а т. *Ішімдікке берілгендік, маскүнемдік.*

**ІШҚАБЫҚ** з а т. б и о л. <лат. entoderma, грек. entos – ішкі, derma – қабық> *Эмбриогенездің гаструляция кезеңінде түзілетін ішкі ұрық жапырақшасы.*

**ІШҚАҚПА: ішқақпа бездері.** а н а т. <лат. clandula pylorica, лат. glandula – без, pylorica – қақпалық> *Безді қарынның он екі елі ішекке өтетін қақпалық (пилорикалық) бөлігінің кілегейлі қабығында орналасқан бездер.*

**ІШҚАТПА** з а т. м е д. *Тоқішек қызметінің бұзылуынан дефекация (нәжіс шығару) процесінің қиындауы. іш қуса. ішін жегідей жеген уайым, қайғы, шер. іш құсталық. Құлазып құсаланушылық.*

**ІШ-ҚҰРЫЛЫС** з а т. *Ішкі ағзалар.*

**ІШҚҰСА** с ы н. *Мұңды, шерлі, қайғылы.*

**ІШҚҰСТА** с ы н. с ө й л. ***Ішқұса.***

**ІШМАЙ** з а т. *Малдың ішек-қарнынан сылынып алынатын май.*

**ІШМЕРЕЗ** с ы н. *Ешкімге сездірмей, өзінше арамдық жасайтын, пасық, құлқы арам, адамға жақсылық ойламайтын күншіл (адам).*

**ІШМЕРЕЗДЕН=** е т. *Арамдық қылу, ашылып сыр шашпау.*

**ІШПЕЙ-ЖЕМЕЙ** ү с т. **1.** *Еш нәрсені аузына алмай, тамақтанбай.* **2.** а у ы с. *Үнемдеп, шашпай, жинап.* **3.** а у ы с. *Қараптан-қарап, бостан-бос, құрдан-құр.*

**Ішпей-жемей көңілі толды [ырза болды].** *Қарадай отырып, көңілі көнши тұшынды.* **Ішпей -жемей мас болды**. *Қарадай, жайдан-жай жүріп болып-толды.* **Ішпей-жемей мас.** *Риза, көңілі көтеріңкі.* **Ішпей-жемей сасық кеңірдек болу**. *Өзінен-өзі мастану, өзінен-өзі булану.*

**ІШПЕК** з а т. э т н. **1.** *Тоқымның астына төселетін жұмсақ киіз, ішкілік.* **2.** т е х. *Механизмнің айналмалы не теңселмелі бөлігіндегі біліктің немесе осьтің тірегі.*

**ІШПЕК-ЖЕМЕК** з а т. с ө й л. *Ішіп-жейтін ас-су.*

**ІШПЕКТЕ=** е т. т е х. **1.** *Аспалы конвейердің жетек атанағының бетін үйкеліс коэффициентін ұлғайту үшін қаптау.* **2.** *Арқанды көтергіште арқанның тозбауы үшін шкивтерді қаптау.* **3.** *Байыту фабрикаларының құрылғылары мен қондырғыларын, сондай-ақ жабдықтардың жұмыс тетіктерін қорғаныштық қаптамалау.* **4.** *Құбырларды қажалып тозудан сақтау үшін ішкі бетін балқыған базальт, резеңке және т.б. материалдармен астарлау.* **5.** *Жылу агрегаттарын, пештерді, оттықтарды іштен қалап қаптамалау.*

**ІШПЕКТЕУ** т е х. *Ішпекте етістігінің қимыл атауы.*

**ІШПЕН** ү с т. *Жасырып, құпия түрде өз ішінде ғана сақтап.*

**ІШПЕРДЕ** з а т. б и о л. <лат. peritoneum> *Құрсақ және жамбас қуыстарын ішкі бетінен астарлап жатқан сірлі қабық.*

**ІШТАРЛЫҚ** з а т. п с и х о л. *Біреудің жақсылығын көре алмаушылық, қызғаншақтық сезім, күншілдік.*

**Іштарлық жасады [көрсетті].** *Қолындағысын біреуге беруге қимады; қызғанды.*

**ІШТАРТ=** е т. **1.** *Жақын тұту, бүйрегі бұру, жақтау, қолдау.* **2.** *Өзімсініп еркінсу.* **3.** *Таңғалу; аңысын аңду.* **4.** ж е р г. *Толастау, басылу, тыну.*

**ІШТАРТУ** *Іштарт етістігінің қимыл атауы.*

**ІШТАСТА=** е т. *Малдың төлін мезгілсіз өлі тууы.*

**ІШТАСТАТТЫР=** е т. *Малдың төлін уақытынан бұрын өлідей туғызу.*

**ІШТАСТАТТЫРУ** *Іштастаттыр етістігінің қимыл атауы.*

**ІШТАСТАУ**[1] з а т. м а л ш а р. *Буаздық кезең тоқтап, жатырдағы ұрық жартылай немесе түгелдей жойылып кетуі, болмаса дамыған немесе өлген ұрықтың жатырдан сыртқа шығарылуы.*

**ІШТАСТАУ**[2] *Іштаста етістігінің қимыл атауы.*

**ІШТАРТУШЫЛЫҚ** з а т. *Жақын тартушылық, өзіне жақын көрушілік.*

**ІШТЕГІ** с ы н. **1.** *Жан-жануарлардың, тіршілік иелерінің қарнындағы.* **2.** *Арасындағы, ортасындағы.* **3.** *Көңілдегі, ойдағы, санадағы.*

**ІШТЕЙ** ү с т. *Өз ішінен; естіртпей, білдірмей, үндемей, үн шығармай.*

**Іштей бекіді.** *Бел буды, бір нәрсені мойындап, соған дайын болады.* **Іштей конформдылық.** п с и х о л. *Айналасындағы адамдардың сөздері дұрыс екеніне көз жеткізіп, шын мәнінде өзгеруге тырысушылық.* **Іштей қатып қалды**. *Өзін-өзі іштен тас түйін етіп бекіді.* **Іштей сөйлеу**. п с и х о л. *Тілді (дұрысы, тілдік мағыналарды) нақты коммуникация үдерісінен тыс пайдалану түрлері.* **Іштей іріту**. *Арасына кіріп алып бүлдіру.*

**ІШТЕН**[1] з а т. с ө й л. ***Ыштан.***

**ІШТЕН**[2] ү с т. **1.** *Ішкі жақтан.* **2.** *Білдірмей, үндемей, іштей.*

**Іштен шыққан шұбар жылан.** *Басқаға «жаман» болса да, өзі үшін «жақсы»; өзінен туған бала.*

**ІШТЕС=** е т. ж е р г. *Іш тарту, жақын тұту, түсінісу, араласу, іштегі сырын біреумен бөлісу.*

**ІШТЕСУ** *Іштес етістігінің қимыл атауы.*

**ІШТӨЛ: іштөл кезеңі**. б и о л. *Эмбриогенездің гистогенез, органогенез, системогенез, пішін қалыптасу (морфогенез) процестері белсенді қарқынмен жүретін соңғы кезеңі.*

**ІШТІ** с ы н. **1.** *Ішінің сыйымы мол, кең.* **2.** *Ішінде төлі бар, буаз.*

**ІШТІК** з а т. **1.** ж е р г. *Терліктің ішінен салынатын шүберек жабағы.* **2.** *Астарлық мата.*

**ІШУ** *Іш етістігінің қимыл атауы; сұйық заттарды жұту, сіміру, ұрттау.*

**ІЩЩАЙ** о д. ж е р г. *Дене тоңып қатты түршіккенде айтылатын сөз.*

**Іщщай деспеді [деп көрмеді, дескен емес].** *Ешқашан бір-бірімен тұс шайысып, ренжісіп, сөзге келісіп көрген емес.*

**ІШІ-БАУЫРЫ** з а т. *Адам мен малдың ішкі ағзалары.*

**Іші-бауыры [жүрегі] елжіреді.** а) *Мейірленді, еміренді, жаны ашыды.* ә) *Егілді, езілді, жасыды.* **Іші-бауыры езілді.** а) *Мейірленді , жаны ашыды.* ә) *Көңілі босады, жақсы көріп кетті.* б) *Қатты қиналды, мұңайды, қайғырды.* **Іші-бауыры қатты.** *Әлі бітті; дәрмені құрып сілейді.* **Іші-бауырына енді.** *Мейірлендірді, елжіретті, еріксіз ықыласын аударды.* **Іші-бауырына кірді.** *Жылы сөзі, жақсы мінезімен баурап алды, өзіне жақын тартты, жылы сөйлеп, өзіне қаратты.* **Іші-бауыры өртенді.** *Қатты қапаланды, қайғыдан өртенді.*

**ІШІК** з а т. э т н. *Елтіріден, сеңсеңнен, әртүрлі аң терілерінен тігілген, сырты матамен тысталатын қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.*

**ІШІКТІ** с ы н. *Ішік киген, ішігі бар.*

**ІШІҚЫЗЫЛ** з а т. ө с. *Қауынның ұзақ сақталынатын, алыс жолға шыдамды сорты.*

**ІШІЛ=** е т. *Сұйық заттың жұтылуы.*

**ІШІЛУ** *Ішіл етістігінің қимыл атауы.*

**ІШІМДІК** з а т. **1.** *Ішетін нәрсе, сусын.* **2.** *Арақ-шарап т.б. спиртті ішкілік.*

**ІШІН=** е т. *Тойыну, тамақтану.*

**ІШІНАРА** с ы н. **1.** *Арагідік, аралас.* **2.** *Сирек, кейде, анда-мұнда.*

**Ішінара жұмылдыру**. ә с к. *Барлық қарулы күштерді қамтымай, тек олардың кейбір бөліктерін жұмылдыру.* **Ішінара жұмыссыздық.** э к о н. *Өндірістеістейтін жұмысшы жұмыс аптасы ішінде жұмыспен толық қамтамасыз етілмейтін жұмыссыз дық.* **Ішінара сынама.** к е н. *Бастапқы заттан орташа сынама алу үшін алдын ала белгілі ережелерді сақтай отырып, одан ішнара сынамалар алу.* **Ішінара сынамалар саны.** к е н. *Бастапқы заттан алынатын орташа сынаманы құрайтын сынамалар саны.* **Ішінара тыйым.** э к о н. *Алтынның, тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің), валютаның, бағалы қағаздардың т.б. қайсыбір елден әкелінуіне немесе қайсыбір елге әкетілуіне мемлекеттің тыйым салуы.* **Ішінара іріктеу кәрізі**. *Жүйесіз түрде орна ласқан немесе құбырлы кәріз, жер құрғату аумағының жеке жүйелері.*

**ІШІНДІР=** е т. *Ішкіздіру, тамақтандыру.*

**ІШІНДІРУ** *Ішіндір етістігінің қимыл атауы.*

**ІШІНУ** *Ішін етістігінің қимыл атауы.*

**ІШІП-ЖЕ=** е т. *Тамақтану, қоректену.*

**Ішіп-жегенге мәз болды**. *Күнделікті қарекетін місе тұтты.* **Ішіп-жеп қарады**. *Сұқтана қарды.*

**ІШІП-ЖЕМ** з а т. *Ішіп-жейтін қоректік заты, тамақ, ас-су ететін азық-түлік.*

**ІШІП-ЖЕУ** *Ішіп-же етістігінің қимыл атауы.*

**ІШІРТКІ** з а т. д і н и. *Молдалардың науқас адамдардың дертіне шипа болу үшін қағазға не ыдысқа жазып езіп ішкізетін дұғасы.*

**Ішірткідей қабылдады.** *Бірден мақұл көрді, дұрыс деп тапты.*

**ІШІС=** е т. *Бірге ішу, тамақтану.*

**ІШІСУ** *Ішіс етістігінің қимыл атауы.*

**ІШІ-СЫРТЫ** з а т. *Бір нәрсенің іші мен сырты; барлық жері.*

**ІШІ-ТЫСЫ** з а т. **1.** *Заттың сыртқы және ішкі жағы.* **2.** *Барлық жері, бәрі.*

# Э

**Э** л и н г в. *Қазақ әліпбиінде кірме сөздердегі дауысты дыбысты белгілейтін әріп.*

**ЭБЕН: эбен ағашы.** ө с. <лат. diospyros ebenum> *Сүрегі қатты, қара көк немесе қара түсті негізінен тропикалық және субтропикалық аймақтарда өсетін биік ағаш.*

**ЭБОНИТ** [грек. ebenos] з а т. х и м. *Табиғи не синтездік каучукты күкіртпен қосып күшті вулкандау арқылы алынатын, қара-қоңыр не қара түсті, қатты, оңай өңделетін, ылғал тартпайтын, қышқылдар мен сілтілер әсеріне төзімді, техникада кеңінен пайдаланылатын техникалық материал.*

**ЭВАКУАЦИЯ** [лат. evacuare] з а т. ә с к. *Жау шабуылының қатерінен я көлденең апаттың қаупінен сақтанып, тұрғын халықты, жаралыларды, мекемелерді, дүние-мүлікті бұрынғы тұрған орнынан қауіпсіз жерлерге қарай көшіру шарасы.*

**Эвакуация қабылдағышы.** ә с к. *Жаралылар мен ауруларды көлік келгенге дейін уақытша орналастыруға, қабылдауға, шұғыл медициналық көмек көрсетуге, көлікпен тасуға келмейтіндерді уақытша госпитальдауға арналған медициналық қызмет мекемесі.* **Эвакуация пункті**. ә с к. а) *Соғыс уақытында аурулар мен жаралыларға арнайы медициналық көмек көрсету үшін, сондай-ақ оларды эвакуациялауға дайындау үшін жабдықталатын медициналық мекемелер тобы.* ә) *Азаматтық қорғаныс жүйесінде эвакуацияланатын халықты жинайтын орын.*

**ЭВАКУАЦИЯЛА=** е т. ә с к. *Дұшпан шабуылы мен кездейсоқ қатерден сақтау үшін халықты, жаралыларды, мекемелерді бұрынғы орналасқан орнынан қауіпсіз жерлерге қарай көшіру, эвакуация жасау.*

**ЭВАКУАЦИЯЛАН=** е т. ә с к. *Қауіпсіз жерлерге көшірілу.*

**ЭВАКУАЦИЯЛАНУ** *Эвакуациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ЭВАКУАЦИЯЛАУ** *Эвакуацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ** сын. әск. *Эвакуацияға тән, эвакуацияға қатысты.*

**ЭВАЛЬВАЦИЯ** [франц. evaluation] зат. экон. *Бағалау, есептеу.*

**ЭВАПОРОТРАНСПИРАЦИЯ** [лат. eva-poro – буландырамын, trans – арқылы, spirare – дем шығару] бот. *Өсімдіктердің өніп-өсуі барысындағы ылғал шығыны.*

**ЭВДИАЛИТ** [грек. eu – жақсы, dialytos – еріту, ыдырату] зат. геол. *Түсі түрлі реңді қызыл, шыныдай жылтыр, ультрасілтілі нефелинді сиениттер мен олардың пегматиттерінде, апатит рудаларында кездесетін минерал.*

**ЭВЕНДЕР** зат. этнон. *Сахада, Чукот және Коряк автономиялық округтері мен Сібір аймақтарында тұратын халық.*

**ЭВЕНКІЛЕР** зат. этнон. *Ресейдің Эвенк автономиялық округі мен Сібір және Қиыр Шығыс аймақтарында мекен ететін халық.*

**ЭВЕРДЬЮПОЙС** [ағыл. avoirdupois] зат. экон. *Англия мен АҚШ-та қолданылатын таразы жүйесі.*

**ЭВИКЦИЯ** [лат. evicto] зат. экон. *Сатып алушыны сатып алған мүлкінен сатуға дейін пайда болған негіздер үшін айыру.*

**ЭВКАЛИПТ** [грек. eu – жақсы, kalyptos – көмкерілген] зат. бот. *Діңі, қабығы мен жапырақтары өндіріспен формакология үшін бағалы шикізат болып есептелетін, ыстық жақта өніпөсетін, мирта тобына жататын өте үлкен ағаш.*

**ЭВОЛЮЦИОНИЗМ** [лат. evolutio] зат. филос. **1.** *Табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстардың үнемі даму үдерісінде, эволюция жағдайында болатындығы туралы ілім.* **2.** *Даму үдерісіндегі секірмелі, революцияшыл сапалық өзгерістерді жоққа шығаратын буржуазиялық идеалистік бағыт.*

**ЭВОЛЮЦИОНИСТ** зат. филос. *Эволюционизм бағытын ұстаушы.*

**ЭВОЛЮЦИЯ** [лат. evolutio] **1.** зат. *Бір нәрсенің бірте-бірте және үздіксіз, бір қалыптан екінші қалыпқа өзгеру үдерісі, жалпы даму.* **2.** *Бір нәрсенің жетілу, қалыптасу барысында бірте-бірте үздіксіз сандық өзгерістерге ұшырай отырып, сапалық өзгерістерді әзірлейтін даму үдерісі.*

**Эволюция факторы**. биол. *Эволюцияның қозғаушы күштері.*

**ЭВОЛЮЦИЯЛАНДЫР=** ет. *Үздіксіз дамыту, жетілдіру.*

**ЭВОЛЮЦИЯЛАНДЫРУ** *Эволюцияландыр етістігінің қимыл атауы.*

**ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ** сын. *Эволюцияға қатысты, эволюцияға тән.*

**Эволюциялық ілім**. биол. *Органикалық табиғаттағы тарихи өзгерістер заңдылықтары мен олардың қалыптасуын және өсімдіктер мен жануарлар эволюциясын зерттейтін ілім.* **Эволюциялық экология**. экол. *Тіршілік ортасымен ағзалар және олардың топтарының, соның ішінде тұтас биоценоздардың қатынас эволюциясын зерттейтін экологияның үлкен саласының бірі.*

**ЭВРИБИОНТТАР** [грек. eurys – кең, bios – өмір] зат. экол. *Бір-бірінен әртүрлі айырмашылығы бар орталарда тіршілік ете алатын жануарлар мен өсімдіктер.*

**ЭВРИБИОНТТЫ: эврибионтты ағзалар.** биол. *Қоршаған ортаның өзгермелі жағдайына бейімделіп қалыптасқан өсімдіктер мен жануар түрлері.*

**ЭВРИГАЛИНДІ: эвригалинді ағзалар.** биол. *Судағы тұздың айтарлықтай ауытқуына жоғары төзімділік көрсететін және ол құбылысқа қалыптасып бейімделген ағза түрлері.*

**ЭВРИГИГРОБИОНТТАР** зат. экол. *Қоршаған ортадағы ылғалдылықтың едәуір өзгеруіне төзімді ағзалар.*

**ЭВРИКА** [грек. heurēka] од. *Ойына сәтті идея келген, бір нәрсенің шешімін тапқан адамның қуаныш сезімін білдіретін сөз.*

**ЭВРИОКСИБИОНТ** зат. биол. *Судағы оттектің мөлшері едәуір өзгерсе де тіршілік ете алатын ағзалар.*

**ЭВРИСТИКА** [грек. heurisko]. зат. **1.** *Ғылыми жаңалық, жаңа, бұрын-соңды белгісіз танымдарды зерттеу әдіс-тәсілдерінің жиынтығы.* **2.** *Өнімді түрдегі шығармашылық ойлау үдерістерін зерттейтін ғылым.* **3.** *Бастауын Сократтан алатын көмек-сұрақ арқылы оқыту тәсілі; осындай тәсіл теориясы.*

**ЭВРИСТИКАЛЫҚ** сын. *Эвристикаға тән, эвристикаға қатысты.*

**Эвристикалық әңгімелер.** пед. *Сұрақ-жауап түріндегі оқыту әдісі.*

**ЭВРИТЕРМДІ: эвритермді ағзалар.** *Қоршаған ортаның температурасының айтарлықтай ауытқуына бейімделген ағзалар тобы.*

**ЭВРИТЕРМИЯ** [грек. eurys – кең, therme – жылу] зат. экол. *Қоршаған орта температурасының кең аралықта өзгеруіне бейімделу.*

**ЭВРИТЕРМОФИТТЕР** [грек. eurys – кең, therme – жылу, phyton – өсімдік] зат. өс. *Жылы суда және жылы жерде тіршілік ететін өсімдіктер.*

**ЭВРИТОПТЫ: эвритопты ағзалар.** <грек. eurys> *Алуан түрлі мекенорындарында тіршілк жасайтын өсімдіктер мен жануарлар.*

**ЭВРИФАГИЯ** [грек. eurys – кең, phagos – жалмау] зат. экол. *Талғаусыз қоректену, жануарлардың алуан түрлі өсімдіктекті және жануартекті қорекпен қоректенуі үдерісі.*

**ЭВТАНАЗИЯ** [нем. Eudhanasie] зат. биол. *Жазылмайтын қаза дертпен ауыратын адамның өз еркімен, дәрігерлермен келісілген және арнайы дәрілер көмегімен өлуі, өмірін үзуі.*

**ЭВТРОФИКАЦИЯ** [грек. eutrophia] зат. экол. *Су қоймаларының биогендік элементтермен ластануы.*

**ЭВФЕМИЗМ** [грек. euphēmismos] зат. лингв. *Арнайы, жағымсыз, дөрекі сөздердің орнына қолданылатын сыпайы сөз, ауыс мағынаның ерекше бір түрі.*

**ЭВФОНИЯ** [грек. euphōnia] зат. әдеб. *Әдеби шығармаға, өлең тіліне тән әуезділігі, сөз бен сөздің бір-бірімен қисынды қиюласып, тілге жеңіл, құлаққа жағымды естілуі, дыбыстардың жарасымды үндестігі, үйлесімділігі.*

**ЭГАЛИТАРИЗМ** [франц. egalitarisme] зат. саяси. *Әлеуметтік теңдік принциптерінің бір түрі; үкімет қызметінде әлеуметтік теңдік пен әлеуметтік саясат басымдық болып табылатын баршаға ортақ берекелі мемлекет теориясының негізгі қағидасы.*

**ЭГАЛИТАРЛЫҚ** сын. *Теңестіруші, тең көретін.*

**ЭГИДА** [грек. aigis (aigidos)] зат. *Біреудің, бір нәрсенің қорғауындағы, қарамағындағы дүние, зат.*

**ЭГО...** [лат. ego] *Күрделі сөздердің бірінші бөлімі, жеке бастың меніне бағытталған.*

**ЭГОИЗМ** [франц. egoïsme] зат. *Жеке бастың мүддесін өзгелердің мүддесінен, қоғамдық мүддеден артық санайтын қылық, өзімшілдік.*

**ЭГОИСТ** [франц. egoïste] зат. *Қара басының қамын ғана ойлайтын ұсақ мүдделі, өзімшіл адам.*

**ЭГОИСТІК** сын. *Эгоиске тән, эгоиске қатысты.*

**ЭГОПСИХОЛОГИЯ** зат. *Психоанализдің ортодокстық фрейдизмге қарсы пайда болған бағыттарының бірі.*

**ЭГОТИЗМ** [ағыл. egotism] зат. психол. *Менмендік, астамшылық, өзінің жекебасы, қадір-қасиеті туралы астам пікірде болушылық, өркөкіректік.*

**ЭГОЦЕНТРИЗМ** [лат. ego – мен, centrum ортасы] зат. *Жеке бастың меніне тірелген дүниеге деген қатынас.*

**ЭДАСФЕРА** [грек. edaphos – топырақ, sphaira – шар] зат. экол. *Ағзалардың айналасындағы кеңістік, фитосфера, фитогенді дала.*

**ЭДАТОП** [грек. edaphos – топырақ, topos – орын] зат. экол. *Топырақтың құрамы мен қасиетіне байланысты қоршаған ортада қалыптасқан жағдайлар жиынтығы.*

**ЭДАФИКАЛЫҚ: эдафикалық факторлар.** бот. *Өсімдіктердің өсіп-өнуіне қажетті топырақ жағдайлары.*

**ЭДАФОН** зат. экол. *Топырақта тіршілік ететін барлық ағзалардың (микроағзалардың, протозалардың, буынаяқтылардың) жиынтығы.*

**ЭДЕЛЬВЕЙС** [нем. Edelwei ] зат. өс. ***Еңлікгүл*** *(биік тау беткейінде өсетін, сырты ақ түкті көпжылдық гүл).*

**ЭДИФАКТ** зат. экон. *БҰҰ жанындағы басқаруда, саудада және көлікте деректерді алмасудың әмбебап ережелер жүйесі.*

**ЭДИФИКАТОРЛАР** [лат. aedificator] зат. экол. *Биоценоздардың негізін құраушы және биоценоздық орта құруда аса маңызды рөл атқаратын өсімдіктер.*

**ЭЖЕКТОР** [франц. ejecteur] зат. тех. *Газды не сұйықтықты сору үшін басқа газдың немесе сұйықтықтың кинетикалық энергиясы пайдаланылатын ағынды аппарат.*

**ЭЗОП: эзоп тілі**. әдеб. *Ойды орағытып, бүкпелеп, тұспалдап айту, ащы мысқылды астарлап жеткізу тәсілі.*

**ЭЗОТЕРИЗМ** зат. мәд. *Түрлі психологиялық-рухани практикалармен бектілетін, құпиялыққа бағытталған, ақиқатты түсіндіруші ерекше зерделеулер кешені, әдетте ұстаздан таңдаулы шәкіртке ауызба-ауыз таралатын ілім.*

**ЭЗОТЕРИКА** [грек. esoterikos] зат. *Мистикалық ілімдерден хабары жоқ адамдарға түсініксіз білімдер мен деректер жиынтығы.*

**ЭЗОТЕРИКАЛЫҚ** сын. мәд. *Эзотерикаға қатысты, соған тән.*

**ЭЗОТЕРИСТІК** сын. *Құпия, жасырын, белгілі бір қауымға ғана түсінікті.*

**ЭЗОФАГИТ** [грек. oisophagos] зат. малдәр. *Әдетте өте ыстық не өте салқын, тікенекті азық жеуден, зонд енгізудегі орашолақтықтан, дәріден тітіркенуден, аусыл, күл сияқты індеттердің салдарынан, т. б. себептерден болатын, малдың аузындағы азығын жұта алмауы, жұтса да қиналып жұтуы, аузынан сілекей шұбыру, сілекейге қан, ірің араласу сияқты белгілермен сипатталатын дерт, өңеш қабынуы.*

**ЭЗОФАГОКАРДИОМИОТОМИЯ** [лат. oesophagocardiomyotomia] зат. мед. *Өңіш пен асқазан түбіне жасалатын отаның бір түрі.*

**ЭЗОФАГОТОМИЯ** зат. мед. *Өңештің ішінде тұрып қалған бөгде заттарды алып тастау үшін қолданылатын операция.*

**ЭЙДЕТИЗМ** [грек. eidos] зат. *Бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстарды объекті көзден таса жағдайда да көріп тұрғандай қабылдайтын ерекше психологиялық құбылыс.*

**ЭЙДЭКОЛОГИЯ** зат. ғыл. *Түрлер экологиясы.*

**ЭЙРЕ** зат. экон. *Исландияның ұсақ шақасы.*

**ЭЙФОРИЯ** [грек. euphoria] зат. *Объективтік жағдайға сай келмейтіндей көтеріңкі, қуанышты көңіл күй.*

**ЭКАУНТАНТ** зат. экон. *Қаржыгер-бухгалтер.*

**ЭКВАЙРЕР** [ағыл. bank acquirer] зат. экон. *Банктік карточкалар қолданылатын операциялар бойынша төлемдер тізімі.*

**ЭКВАЙРИНГ** зат. экон. *Сауда және сервистік ұйымдармен банкоматтарда немесе қолма-қол ақша беретін орындарда карталарды ұстаушыларға қолма-қол ақша беру операцияларына банк карталарын пайдаланып жасалатын есеп айырысу қызметі.*

**ЭКВАЛАЙЗЕР** [ағыл. equalizer] зат. техн. *Қажетті дыбыс шығару деңгейіне жету дыбыс жиілігін реттейтін дыбыстауыш аппаратурадағы (магнитофондағы, музыкалық орталықтардағы т.б.) құрылғы.*

**ЭКВАТОР** [лат. aequator] зат. геогр. *Жерді солтүстік және оңтүстік жартышарларға бөліп тұратын белдеу.*

**ЭКВАТОРЛЫҚ** сын. *Экваторға қатысты.*

**Экваторлық нәсіл.** геогр. *Терісі қара, бұйра шашты (негроидтер), шашы толқынды, денесі түктілеу, прогнатизмді, жақ сүйегі біршама шығыңқы, жалпақ мұрынды, қалың ерінді болып келетін негр-австралоидтер.*

**ЭКВИВАЛЕНТ** [лат. aequus – тең, valens (valentis) – мәні, күші бар] зат. кіт. *Екінші бір нәрсеге парапар келетін, соған тең зат, балама.*

**ЭКВИВАЛЕНТТІ** сын. *Эквивалентке тән, соған қатысты, парапар, тең.*

**ЭКВИВАЛЕНТТІК** зат. *Бір нәрсенің баламасы бола алатын, тепе-теңдік, парапарлық.*

**ЭКВИЛИБРИСТ** зат. *Эквилибристика жанрымен айналысатын цирк әртісі.*

**ЭКВИЛИБРИСТИКА** [лат. aequilibris] зат. өнер. *Керілген арқан, шар үсті сияқты қиын жағдайларда дене салмағын тепе-тең ұстай білуге негізделген акробатикалық ойын-сауық түрлерін орындау өнері.*

**ЭКВИТ: акцияларды ұстаушының эквиті.** экон. *Корпорацияның жалпы активтері минус жалпы міндеттемелері.*

**ЭКВИТТІККИКЕР** экон. *Қарызға қатысты істегі меншікті жайғасымын ұсыну.*

**ЭКЗАНТЕМА** [грек. exanthema]. зат. мал дәр. *Бөртпе, теріге қаптап розеола – қызылдақ, папула – түйіншек, везикула – күлдіреуік, пустула – іріңді күлдіреуік шығуы.*

**ЭКЗАРАЦИЯ** [лат. exaratio] зат. экол. *Мұздық эрозия – глетчер мұзының төмен жылжып, табанындағы борпылдақ жыныстарын төменге ұюінен пайда болған бедер пішіні.*

**ЭКЗАРТИКУЛЯЦИЯ** [лат. exarticulatio: лат. ex – содан, осы арадан, articulus – буын] зат. вет. *Белгілі бір мүшені, мәселен аяқты, буынынан кесіп алып тастау.*

**ЭКЗЕКВАТУРА** [лат. exsequare] зат. құқық. *Басқа елде шығарылған сот шешімінің белгілі бір елде орындалуы.*

**ЭКЗЕКУЦИЯ** [лат. executio] зат. **1.** құқық. *Сот үкімінің немесе әкімшілік шешімінің орындалуы.* **2.** қаржы. *Сауданың орындалуы.*

**ЭКЗЕРСИС** [франц. exercice] зат. өнер. *Орындаушылық техниканы дамытуға, жетілдіруге арналған жаттығулар (би, музыка).*

**ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ** [лат. existentia] зат. филос. *Қазіргі заман философия мен әдебиетіндегі иррационалистік бағыт, субъективті идеализм түрі.*

**ЭКЗО...** [грек exō] *Күрделі сөздің бірінші бөлімі; тыс жақта, сыртта орналасқан; тыс жаққа, сыртқа бағытталған.*

**ЭКЗОБИОЛОГИЯ** [грек. exō – тыс, bios – тіршілік, logos – ілім, ғылым] зат. биол. *Әлем денелеріндегі даму тегі жердегі тіршіліктің дамуына байланыссыз тіршілікті зерттейтін ғылым.*

**ЭКЗОГАМИЯ** [грек. exō – тыс, gamos – неке] зат. *Туыстас отбасылар арасында немесе жақын жерлестер арасында некелесуге тыйым салу.*

**ЭКЗОГЕНДІ** сын. **1.** кіт. *Сыртқы себептерден туындайтын.* **2.** геол. *Жер бетінде, жердің ең үстіңгі қабаттарында күн радиациясы, тартылыс күшінен болатын құбылыс.*

**Экзогенді ырғақ.** экол. *Қоршаған орта құрауыштарының мезгілдік өзгеруі (күн мен түннің ауысуы, теңіз суларының тасуы мен қайтуы, айдың толуы мен кемуі, маусымның ауысуы және т.б.).* **Экзогенді үдеріс.** астр. *Сыртқы үдерістер, негізінен Күн энергиясы мен Жердің өзіне тарту (гравитация) күшіне байланысты геологиялық үдерістер жиынтығы.*

**ЭКЗОН** [ағыл. ex(pressi)on] зат. биол. *Ақуыздың түзілуін анықтайтын генетикалық ақпаратты алып жүруші геннің (ДНҚ) айқын білінетін бөлімі.*

**ЭКЗОПОДИТ** [грек. exo – сыртқы, poda – аяқ] зат. биол. *Шаянтектестердің бунақталған қос тармақты аяғының сыртқы тармағы.*

**ЭКЗОСПОРАЛАР** зат. биол. *Саңырауқұлақтардың кейбір түрлерінде конидий сағағынан бөлініп пайда болатын бір, екі не көп жасушалы конидийлері (споралары).*

**ЭКЗОСТОЗ** [грек. exostosis: грек. exo – сырттай, osteon – сүйек] зат. вет. *Сүйек үстіне шыққан бұлтық, бұлтиған сүйек, сүйек тысы тітіркенуінің салдары.*

**ЭКЗОСФЕРА** [грек. exo – сырттай, sphaira – шар] зат. экол. *Жер атмосферасының ең жоғарғы қабаты.*

**ЭКЗОТИЗМДЕР** [грек. exotikos] зат. лингв. *Жырақ жатқан белгілі бір елге, этносқа тән, тұрмысқа, салт-дәстүрге байланысты сөздер.*

**ЭКЗОТИКА** [грек. exotikos] зат. *Алыс елдердің (табиғатының, дәстүрінің, көркемөнерінің және т.б.) таңданарлық ерекшеліктері.*

**ЭКЗОТИКАЛЫҚ** сын. *Экзотикаға қатысты, экзотикаға тән.*

**ЭКЗОЦИТОЗ** [грек. exocytos] зат. биол. *Заттардың жасушалардан сыртқа шығу үдерісі.*

**ЭКЗУВИЯ** зат. биол. *Буынаяқтылардың түлеу кезіндегі бос қалған ескі құндақты кутикула жабыны.*

**ЭКИПАЖ** [франц. equipage] зат. **1.** *Көптеген елдердің қарулы күштерінде танк, жаяу әскер ұрыс мәшинесі, ұшақ және т.б. өздігінен жүретін техникаға тікелей қызмет көрсететін бастауыш (төменгі) бөлімше.* **2.** *Кеменің жеке құрамы.* **3.** *Қазіргі әскери-теңіз флотында әрбір флотта жеке флотилия мен әскери-теңіз базаларында құрылатын жағалаудағы әскери бөлім.*

**ЭККАУТИНГ** [ағыл. accout – есеп айырысу, accountant – бухгалтер] зат. экон. *Түрлі қаржы ақпаратын жинаумен, өңдеумен, сыныптаумен, талдаумен және ресімдеумен байланысты бизнес саласы.*

**ЭКЛАМПСИЯ** [грек. exlampsis] зат. вет. *Талықсып құлау, буаз не жаңа төлдеген жануардың (сиыр, қаншық) дірілі қағып, көздерін алайтып, мойнын созып 5-30 минут бойы талықсып жатып алуы.*

**ЭКЛЕКТИКАЛЫҚ** сын. *Керегар, өзара үйлеспейтін бағыт, көзқарастарды біріктіретін, шоғырландыратын.*

**ЭКЛЕКТИЗМ** [грек. eklektikos] зат. филос. *Зерттеу жұмыстарында, шығармашылық еңбектерде бірімен-бірінің байланысы жоқ әралуан көзқарастарды, топшылауларды талғамсыз топтап, дәйексіз біріктіріп бере салушылық.*

**ЭКЛЕКТИКА** [грек. eklektikos] зат. *Органикалық біртұтастықты жоққа шығарып, ондағы «шектен шыққандықты» айналып өтуді сылтауратып әркелкі ұғымдарды, көзқарастарды, пікірлерді, теорияларды араластырып, шатыстыру.*

**ЭКЛЕР** [франц. eclair] зат. тамақ. *Ортасында кремі (тәтті немесе қышқыл) бар, қайнатпа қамырдан дайындалған және глазурь жағылған торт тілімі.*

**ЭКЛИПТИКА** [грек. ekleiptike]. зат. астр. *Жердің Күнді бір айналып өткендегі жолы, сондайақ оның аспан әлемінен өтетін шеңбері.*

**ЭКМОЛИН** зат. вет. *Малдың сүзек ауруларын, адам дезинтериясын, тұмауды емдеу үшін қолданылатын антибиотик.*

**ЭКО**...[грек. oikos] *Күрделі сөздердің бірінші бөлімі, сөзге экологиялық мағынасын береді: экожүйе, экосфера т.б.*

**ЭКОБИОМОРФТАР** зат. биол. *Экоморфтар және биоморфтар биологиялық ырғақ кезінде өсу формалары бір-біріне ұқсас келетін түрлердің жинағы.*

**ЭКОДИНАМИКА** [грек. oikos – үй, орын, dinamikos – күшті] зат. экол. *Адамның әсерықпалынан биосфераның өзгеру үдерістерінің жиынтығы.*

**ЭКОДРОМ** [грек. oikos – үй, орын, dromos – жүгіруге арналған орын] зат. экол. *Экологиялық білім мен экологиялық ойларды насихаттауға арналған имараттар кешені.*

**ЭКОЖҮЙЕ** зат. экол. <грек. oikos – үй, мекен, systema – жүйе> *Тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру мақсатында белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі.*

**Экожүйе орнықтылығы.** экол. *Экожүйенің сыртқы әсерден туған өзгерістерге төтеп беріп, қайтадан бұрынғы қалпына келе алатынын сипаттайтын қабілеттілігі.* **Экожүйе өміршеңдігі.** экол. *Экожүйенің экологиялық қорғануға жататын шын көрсеткіштерін сипаттайтын және ландшафт биоценоздарының өзін-өзі қалпына келуінде байқалатын қасиеті.* **Экожүйе параметрлері.** экол. *Экожүйенің функциялық және консервативтік қасиеттерін: биологиялық өнімділігін, айналымның қарқындылығын, әралуандылықты бейнелейтін шамалар, көрсеткіштер.* **Экожүйе пауперизациясы.** экол. *Экожүйенің тектік қоры мен түр әралуандылығының жұтаңдануы.* **Экожүйе шекарасы.** экол. *Іргелес жатқан табиғи аймақ биокешендерінің шекаралары.*

**ЭКОЛОГ** зат. *Экология саласының маманы.*

**ЭКОЛОГИЗАЦИЯ** зат. ***Экологияландыру.***

**ЭКОЛОГИЯ** [грек. oikos – үй, мекен, logos – ілім] зат. биол. **1.** *Тірі ағзалардың тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.* **2.** *Барлық жанды нәрселердің тіршілік ету табиғаты ортасы мен жалпы ортасы (әдетте олардың нашар жағдайы туралы).*

**ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ** зат. экол. *Өңірлік, аймақтық және аймақтық деңгейде табиғи ортаның сапасын жақсартумен не ең болмаса сақтаумен қатар табиғи ресурстар мен табиғи жағдайлардың пайдаланылу тиімділігін арттыруға себептесетін технологиялық, басқарушылық және басқа да шешімдер жүйелерінің дәйекті түрде енгізілу үдерісі.*

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Экологияға қатысты, экологияға тән.*

**Экологиялық апат аймақтары.** экол. *Қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі нұқсан келтірілетін және табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі азып-тозған, экологиялық ахуал төтенше аумақтар.* **Экологиялық атластар.** экол. *Жалпы ортақ бағдарлама бойынша орындалған және кітап, карталар жинағы немесе электрондық нұсқада басып шығарылған карталардың жүйелі жинағы.* **Экологиялық аудит.** экол. *Жобаларға немесе компанияларға экологиялық тұрғыдан тексеру жүргізу; жұмыс істеп тұрған объектілердің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бақылау, нормативтік талап пен табиғат қорғау заңдарының компанияларда орындалып жатқанын тәуелсіз түрде тексеру ісі.* **Экологиялық ахуал.** *Қоршаған орта мен адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты туындаған жағдаят.* **Экологиялық бақылау.** экол. *Сапалық және сандық тұрғыдан әсерлердің, заттектердің табиғатын және олардың көлемдік, массалық мөлшерін анықтап, оларды белгілі рұқсат етілген шамалармен салыстырып, пайдалылығын немесе зияндылығын талдап анықтау жолы.* **Экологиялық бейімделу.** экол. *Сыртқы ортаның өзгерісіне, қолайсыз жағдайларға ағзаның күйін белсенді түрде өзгертуі.* **Экологиялық белдемділік.** экол. *Суқоймаларда әртүрлі ағзалар мен бірлестіктер мекендейтін, олардың әрқайсысының тіршілігіне қолайлы бірнеше белдемнің болуы.* **Экологиялық болжау.** экол. *Экологиялық өзгерістерге алдын ала болжам жасау.* **Экологиялық валенттілік.** экол. *Ағзалардың орта факторларының белгілі бір шамадағы өзгерісіне төзімділігі, яғни*

*түрлердің айналадағы ортаға бейімделуінің тепе-теңдігі.* **Экологиялық волюнтаризм.** экол. *Табиғатты экологиялық факторлардан туындайтын шектеулерді есепке алмай пайдалану.* **Экологиялық география.** экол. *Ағзалардың географиялық таралуына қазіргі қоршаған ортаның әсерін зерттейтін биогеографияның саласы.* **Экологиялық геология.** экол. *Геологиялық орта мен техногенез әсерін тигізетін литосфераның жоғарғы қабаттарын зерттейтін геология бағыттарының бірі.* **Экологиялық дағдарыс.** экол. а) *Адамзат пен табиғат арасындағы қарым-қатынастың асқыну жағдайы.* ә) *Негізгі кең ұғымда экологиялық дағдарыс тірі заттектің сапалық тұрғыдан жаңаруы болатын (бір түрлердің құрып-бітуі мен басқа түрлердің пайда болуы) биосфера дамуының фазалары.* **Экологиялық декларация.** экол. *Өнімдердің (бұйымдардың) қолданған уақыттағы және қалдыққа айналған кездегі экологиялық жағдайға қатысты барлық қасиеттерін баяндау.* **Экологиялық демография.** экол. *Демографиялық үдерістердің (адамды) қоршаған табиғи орта жағдайымен өзара байланысын зерттейтін демографияның бір саласы.* **Экологиялық жоспарлау.** экол. *Экологиялық тепе-теңдікті бұзбай және табиғат игіліктерін қоса пайдаланатын бір шаруашылықтың басқа шаруашылық салаларына зиян келтірмей алатын және қолданатын табиғи ресурстардың немесе аумақтардың мүмкіндік көлемін есептеу.* **Экологиялық жүйе.** экол. *Тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру мақсатында белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі.* **Экологиялық залал.** экол. *Қоршаған ортаның пайдалылығының оның ластануы салдарынан өзгеруі.* **Экологиялық зиян.** экол. *Антропогендік іс-әрекеттердің зардабынан болған қоршаған ортадағы жағымсыз өзгерістер.* **Экологиялық инфрақұрылым.** экон. *Адамның өмірлік ортасының сақталуы шарттарын қамтамасыз ететін ғимараттар, кәсіпорындар, мекемелер, желілер мен технологиялық жүйелер кешені.* **Экологиялық карталар.** экол. *Тірі ағзалар (оның ішінде адамдар) мен ортаның өзара әрекеттестігін бейнелейтін, кішірейтілген, математикалық үлгіде қорытылған бейнелік-белгілік кеңістікті модельдер.* **Экологиялық картография.** экол. *Экология салаларының бірі, топырақты және өсімдіктерді геоботаникалық (фитоэкологиялық) картаға түсіру.* **Экологиялық қару.** экол. *Қарсыластың халқының қоршаған ортасын өзгерту арқылы оған материалдық нұқсан келтіретін немесе денсаулығын нашарлататын физикалық, химиялық, биологиялық құрал.* **Экологиялық қауіп.** экол. *Халықтың денсаулық жағдайының және қоршаған ортаның күйінің өздерінің орташа статистикалық мәнінен ауытқуларына себеп болатындай жағымсыз оқиғалар болуы мүмкін жағдай.* **Экологиялық қауіпсіздік.** экол. *Әрбір жеке тұлғалардың, қоғамның, мемлекеттің қоршаған ортаның шегінен тыс шыққан экологиялық қауіптіліктен қорғанушылық күйі.* **Экологиялық қорлар.** экол. *Қоршаған ортаны қорғауға және жақсартуға бағытталған мақсаттық қаржылай түсетін түсімді (айыппұл, табыс, пайда) реттейтін, бақылайтын, басқаратын экологиялық ұйым.* **Экологиялық қуыс.** экол. *Ағзаның тіршілік ету жағдайларына қатысты шарттардың жалпы жиынтығы.* **Экологиялық құқық.** экол. *Экологиялық-заңдылық нормалардың (тәртіп ережелері) жиынтығы.* **Экологиялық құқық бұзушылық.** экол. *Табиғи ортаны қорғау туралы заңдарды бұзушыларға, табиғи ортаға, адам денсаулығына зиян тигізушілерге, сондай-ақ осы тектес қауіп-қатер туғызушыларға қарсы қолданылатын заңды іс-әрекет.* **Экологиялық қызмет.** экол. *Адамның өнім өндіру және пайдалану жөніндегі қызметін қолдайтын, қорғайтын немесе белгілі бір дәрежеде жалпы қолайлылыққа әсер ететін, сонымен қатар өмір сапасының және оның өміршеңдігін сақтайтын қызмет.* **Экологиялық қылмыс.** экол. *Ұлттық заңнамаларға немесе халықаралық келісімдер мен нормаларға қайшы келетін, қоршаған табиғи ортаны әдейі қасқөйлікпен бұзушылық.* **Экологиялық мәдениет.** экол. *Адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталатын жалпы дүниежүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі.* **Экологиялық медицина.** экол. *Қоршаған ортаның тікелей ауру тудыратын факторларына ерекше мән беретін, ластанған ортаның адам денсаулығына тигізер әсерін және олардың арасындағы өзара байланыстарын зерттейтін ғылыми пән.* **Экологиялық мониторинг.** экол. *Қоршаған ортаның жағдайын бақылау және тексеру жүйелері.* **Экологиялық оңтайландыру.** экол. а) *Адамның әртүрлі деңгейде қолайлы экологиялық құрауыштарды және экожүйені пайдалану арқылы өте тиімді экологиялық тепе-теңдікке жетуі.* ә) *Биотикалық алуандылықты толық сақтайтын және биогендердің ағза қауымдастықтарындағы және экожүйелердегі жоғары дәрежеде тұйық айналымын қамтамасыз ететін экологиялық тепе-теңдіктік фазаға жету.* **Экологиялық оңтайлылық.** экол. а) *Түрдің тіршілік қабілеттілігіне барынша қолайлы жағдайлар.* ә) *Белгілі бір қауымдастықтың басқаларға қарағанда артықшылықтары болатындай жағдайлар.* **Экологиялық проблема.** экол. *Адамның табиғатқа және керісінше табиғаттың адамға тигізетін қолайсыз әсерлеріне байланысты туындайтын кез келген құбылыс.* **Экологиялық психология**. экол. *Қоршаған орта мен адам арасындағы қарым-қатынастың психологиялық аспектілері туралы білім саласы.* **Экологиялық ресурс**. экол. *Табиғи ресурстар.* **Экологиялық реттеу.** экол. *Қоршаған ортаның ластануын тежеу, шектеу және жою жөніндегі өкімет органдарының қолданатын шараларының белсенді жүйесі мен экологияны басқарудың тиімді тұтқасы.* **Экологиялық сақтандыру.** экол. *Қоршаған орта мен адамдарға келтірілген залал үшін төленетін ақшалай қаржыны жарна ретінде жинақтау үшін ұйымдастырылған (қауіпсіздік) қорды жасақтау мен пайдалану шараларының жүйесі.* **Экологиялық сараптау.** экол. *Адамдардың шаруашылық немесе басқа да іс-әрекетінің экологиялық қауіпсіздікке сәйкестігін тексеруге бағытталған шаралар жүйесі немесе таңдалған аймақ төңірегіндегі жаңадан енгізілген шаруашылық кешеннің тіршілік ортасына, табиғи ресурстарға және адам денсаулығына тигізетін әсерін бағалау.* **Экологиялық сауатсыздық.** экол. *Жекелеген тұлғалардың және қоғамдағы барлық адамдардың өздерінің табиғатпен тікелей байланыстылығын, табиғатты қорғаудың, сақтаудың адам баласының парыздарының бірі екенін түсінбеушілік, экологиялық сананың төмендігі.* **Экологиялық саясат.** *Экологиялық жағдайды және елдің табиғи ресурстарын ұтымды жұмсауды қамтамасыз етуді басқару мақсатында мемлекетпен қабылданған арнайы саяси, экономикалық, заңнамалық және өзге де шаралардың жүйесі.* **Экологиялық тепе-теңдік.** экол. *Кез келген табиғи қауымдастықтағы тірі ағзалардың түрлік құрамының, олардың санының, өнімділігінің, кеңістікте бөлініп таралуының, сондай-ақ маусымдық өзгерістердің, заттектердің биоталық айналымдарының және басқа да биологиялық үдерістердің біршама тұрақтылығы.* **Экологиялық туризм.** экол. жаңа. *Сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажетсінулер ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін негұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы.* **Экологиялық тұрақтылық.** экол. *Экожүйедегі биогендер айналымының үзілуі негізінде (биогендер мөлшерінің өзгеруі) қоршаған ортаны өзгертетін сыртқы әсерді жоюға бағытталған экожүйенің қабілеті.* **Экологиялық факторлар**. экол. *Ағзалардың тіршілік ету жағдайын анықтайтын абиоталық, биоталық және антропогендік факторлардың жиынтығы.*

**ЭКОНОМ**...[грек. oikonomos] *Сөзге экономикалық мағынасын беретін күрделі сөздердің бірінші бөлімі.*

**ЭКОНОМГЕОГРАФИЯ** зат. *Экономикалық география.*

**ЭКОНОМЕТРИКА** [грек. oikonomos – үнемшіл, metron – өлшем] зат. экон. *Экономикалық құбылыстар мен үдерістердің сандық жақтарын математикалық және статистикалық талдау құралдарымен зерделейтін ғылыми пән.*

**ЭКОНОМЕТРИЯ** зат. экон. **1.** *Еңбек, капитал, пайыз нормасы, үкімет саясаты сияқты негізгі экономикалық ұғымдардың арасындағы қатынастардың математикалық тілдерін сипаттау үшін компьютерлік талдауды , үлгілеу техникасын пайдалану.* **2.** *Қолданбалы экономикалық пән.*

**ЭКОНОМИКА** [грек. oikonomikē] зат. **1.** *Белгілі бір қоғамдағы үстемдік етуші өндірістік тәсілдерге сай, өндіргіш күштерінің даму дәрежесін сипаттайтын қоғамдық-өндірістік қатынастардың жиынтығы.* **2.** *Өндіріс пен шаруашылықтың белгілі бір саласын зерттейтін ғылыми пән.*

**Экономика үлгілері**. экон. *Экономикалық жүйелердің әртүрлі элементтері арасындағы сандық және қисындық тәуелділікті анықтау үшін үдерістерді математикалық әдістермен сипаттау.* **Экономиканы реттеу.** экон. *Экономикалық құбылыстар мен олардың байланыстарын белгілі бір деңгейде ұстау немесе қолайсыз үдерістерді болдырмау, басып тастау мақсатымен экономикаға ықпал ету.* **Экономиканың инфрақұрылымы.** экон. *Өндіріске және жалпы шаруашылыққа қызмет көрсететін, олар үшін қажетті іргетас қалайтын, тірек болатын қызмет салалары мен түрлерінің жиынтығы.*

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ** сын. *Экономикаға қатысты, экономикаға тән.*

**Экономикалық аймақ.** экон. *Аумақтық судан тысқары орналасқан және оған іргелес жатқан теңіз ауданы.* **Экономикалық ақпарат.** экон. *Материалдық игіліктерді өндірудің, бөлудің, айырбастаудың және тұтынудың қоғамдық үдерістері туралы ақпарат.* **Экономикалық әлеует.** экон. *Қоғамдық өндірісті дамыту, шығарылатын өнімнің көлемін ұлғайтып, сапасын жақсарту, күрделі құрылысты еселей түсу және жүктерді экономикалық тұрғыда тиімді ауқымда тасымалдау, халыққа қызмет көрсету үшін қажетті құралдар мен жағдайлардың жиынтығы.* **Экономикалық бағдар.** экон. *Елдің экономикалық жағынан дамуының белгілі бір нәтижелерге жету мақсатымен жоспарланған бағыты.* **Экономикалық базис**. экон. *Адамдардың арасында тарихи тұрғыда қалыптасқан, осы базиске сай келетін қондырманы – саяси, құқықтық және басқа қатынастардың, қоғамдық сананың мекемелері мен алуан түрлі нысандарының жиынтығын айқындайтын өндірістік қатынастардың жиынтығы.* **Экономикалық байланыс.** *Қандай да біреулер немесе ұйымдар, әлеуметтік-әкімшілік аймақтар арасындағы сауда, өндіріс, тауар алмасуға негізделіп, белгілі бір құқықтық ережелермен реттеліп отыратын қатынас.* **Экономикалық билік.** экон. *Жеке адамның ықпал жасауына негізделген билік.* **Экономикалық болжау.** экон. *Экономиканың өзгеруі туралы белгіленген себептік-салдарлық байланыстар мен заңдылықтар жүйесіне негізделіп, ғылыми тұрғыдағы*

топшылауларды әзірлеу үдерісі. **Экономикалық білім беру**. экон. *Оқушының еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбектегі белсенділігін, саналы еңбек тәр тібін және басқа да моральдық сапаларын қалыптастыру мақсатында берілетін білім.* **Экономикалық волюнтаризм**. экон. *Шаруашылық практикада, экономикалық проблемаларды шешуде объективтік жағдайлар мен ғылыми негізделген ұсыныстарды, нақты мүмкіндіктерді мансұқ етіп, белден басушылық.* **Экономикалық география.** геогр. *Жалпы және аймақтық экономикалық, сондай-ақ түргындар географиясы мен халық шаруашылығының басты салаларын (өнеркәсіп, ауыл шаруашылық; көлік және т.б.) қамтитын жердің экономикалық байлығын зерттейтін география.* **Экономикалық ғылымдар**. экон. *Қоғамның экономикалық жай-күйі мен дамуының объективті заңдылықтарын зерделеумен, шаруашылық өмір құбылыстарын статистикалық өңдеумен және теориялық жүйелеумен, материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, тұтыну және оларды айырбастау саласында практикалық ұсыныстарды әзірлеумен айналысатын ғылымдар жүйесі (кешені).* **Экономикалық дағдарыс**. экон. *Дағдарысты, тоқырауды, жандануды және өрлеуді дәйекті түрде қамтитын ұдайы өндірістік цикл кезеңдерінің бірі.* **Экономикалық даму.** экон. *Экономикалық тұрғыдан халық шаруашылығының түрлі салаларының ілгерілеуі, көрсеткіштерінің, жағдайының жақсара түсуі.* **Экономикалық даму үлгісі.** экон. *Әртүрлі сыртқы және ішкі түрткі жайттарға, географиялық тарихи, саяси т.б. жайттарға байланысты қалыптасқан елдің экономикасының қалыптасу, жетілуінің өзіндік белгілері бар нұсқасы.* **Экономикалық жағдаят**. экон. *Тауарға (өнімге, бұйымға, қызметтерге, басқа да құндылықтарға) сұраным мен ұсынымның белгілі бір арақатынасымен, бағаның деңгейімен, инвестициялық, кәсіпкерлік белсенділікпен, бағалы қағаздар бағамымен, депозит пен несие бойынша пайыздық мөлшерлемемен, тауардың босалқы қорларының болуымен, басқа да көрсеткіштермен сипатталатын нарықта әрбір сәтте қалыптасқан экономикалық ахуал.* **Экономикалық жауапкершілік**. экон. *Субъектінің өзіне қабылдаған міндеттемелері бойынша жауап беруге, шарттарды орындауға, заңдарды сақтауға, бөгде меншікке келтірілген зиянның орнын толтыруға т.б. міндеттілігі.* **Экономикалық жүйе**. экон. *Экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың нысаны мен мазмұнын айқындайтын қағидаттардың, ережелердің заң жүзінде баянды етілген нормалардың тарихи тұрғыда пайда болған немесе белгіленген, елде жұмыс істеп тұрған жиынтығы.* **Экономикалық жікшілдік**. экон. *Аймақтық (республикалық) экономиканы оқшаулау саясаты.* **Экономикалық заңдар**. экон. *Тәжірибе, практикалық қызмет негізінде белгіленген, ғылыми зерттеулер жолымен анықталған экономикалық құбылыстар, үдерістер.* **Экономикалық зиян**. экон. *Табиғат игіліктерін пайдаланушыларды (жекеменшік иесін, тұтынушыны, табиғат қорларын жалға алушыларды) материалдық құндылықтарынан, мүліктерінен айыратын, жұмсаған шығынын қайтара алмайтын, алдын ала ниет еткен табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін, қоршаған ортаға әсер ететін зиян.* **Экономикалық интеграция.** экон. *Өзара экономиялық қарым-қатынастарда, сондай-ақ үшінші бір елдермен қатынастарда келісілген саясат жүргізу мақсатымен мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы.* **Экономикалық кибернетика**. экон. *Кибернетика идеялары мен әдістерін экономикалық құбылыстарды зерделеуге және экономикалық үдерістерді басқаруға қолданумен айналысатын ғылыми бағыт.* **Экономикалық конъюнктура.** экон. *Әлемдік шаруашылықтың, ел, аймақ шаруашылығының, тауарлар рыногының белгілі бір кезеңдері жағдайын бейнелейтін көрсеткіштердің жиынтығын сипаттайтын уақытша ахуал.* **Экономикалық көрсеткіштер**. экон. *Экономикалық үдерістер мен құбылыстардың, олардың даму заңдылықтары мен тенденцияларының сандық сипаттамасы үшін пайдаланылатын абсолютті және салыстырмалы шама.* **Экономикалық қатынас.** экон. *Халықара-лық сауда, жұмыс күшінің көші-қоны, капитал әкетілімі мен халықаралық несие, халықаралық валюталық қатынастар, халықаралық ғылыми-техникалық және өндірістік ынтымақтастық.* **Экономикалық қауіпсіздік**. экон. *Тұрақты экономикалық өсу, қоғамдық қажеттердің тиімді түрде қанағаттандырылуы, басқарудың жоғары сапасы, экономикалық мүдделердің ұлттық және халықаралық деңгейлерде қорғалуы қамтамасыз етілетін экономиканың жай-күйі.* **Экономикалық қоғамдастық.** *Экономика-лық мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған қауымдастық.* **Экономикалық мүдде**. экон. *Адамдардың шаруашылық қызметіне түрткі болатын себептер.* **Экономикалық нәтиже**. экон. *Техникалық, шаруашылық немесе өзге де міндеттерді шешу тиімділігінің нақты нәтижесі.* **Экономикалық нормативтер**. экон. *Халық шаруашылығында экономикалық қатынастарды реттеу үшін қолданылатын және өндіріс шығындары мен нәтижелеріне, олардың бөлінуі мен пайдаланылуына қойылатын тиісті талаптарды білдіретін абсолюттік немесе салыстырмалы шама.* **Экономикалық психология**. экон. *Адамдардың әлеуметтік топтар мен жіктердің экономикалық өмір шындығын қабылдауына және экономикалық мінезқұлыққа елеулі ықпал ететін өзіндік психологиялық ұстанымдары.* **Экономикалық ресурстар**. экон. *Өндірісті қамтамасыз ету көздері, құралдары деген мағынаны білдіретін іргелі экономикалық теория ұғымы.* **Экономикалық реттегіштер.** экон. *Қоғамдық өндіріске қатысушыларға мүдделер тетігі арқылы жанама әсер ететін экономикалық тұтқалар – баға, салықтар, банк пайыздары, санкциялар т.б.* **Экономикалық реформалар**. экон. *Шаруашылықты жүргізу, экономикалық басқару жүйесіндегі, экономикалық саясатты іске асырудың жолдары мен әдістеріндегі терең жаңғыртулар.* **Экономикалық санкциялар**. экон. *Қаржы-шаруашылық қызметінде бұрмалаушылыққа жол берген, сол арқылы өзінің серіктестеріне және мемлекетке зиян келтірген кәсіпорындар (ұйымдарға) қолданылатын күштеп ықпал жасау шаралары.* **Экономикалық саясат**. экон. *Елдің мақсаттарына, міндеттеріне, мүдделеріне сәйкес экономикалық үдерістерге белгілі бір бағыт беретін мемлекет, үкімет жүргізетін іс-қимылдар; экономиканы басқару саласындағы шаралар жүйесі.* **Экономикалық сот.** заң. *Экономика, қаржы дауларын қарап, шешім шығаратын заң орны.* **Экономикалық статистика**. экон. *Экономикалық құбылыстардың дамуындағы сандық заңдылықтарды олардың сапалық мазмұнымен тығыз байланыста сипаттайтын деректерді жинаумен, өңдеумен, талдаумен және таратумен (жариялаумен) айналысатын экономикалық білімдер мен статистика бөлімі.* **Экономикалық стратегия**. экон. *Үкіметтің, аймақтар әкімшіліктерінің, кәсіпорындар, фирмалар басшыларының өндіріс, бюджеттің кірістері мен шығыстары, салықтар, күрделі жұмсалымдар, баға, әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұзақ мерзімді принциптік нұсқаулары, жоспарлары, ниеттері.* **Экономикалық талдау**. экон. *Экономика дамуының жай-күйі мен процестерін оның түрлі құрылымдары бойынша бағалау.* **Экономикалық тәрбие**. экон. *Оқушыларға жоспарлау, қаржыландыру, еңбек өнімдерін есептеу мен бөлу тәжірибесін үйрету.* **Экономикалық теория**. экон. *Экономикалық құбылыстар мен процестер туралы, шаруашылықтың жұмыс істеуі туралы, экономикалық қатынастар туралы, бір жағынан, логикаға, тарихи тәжірибеге, екінші жағынан, экономист-ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларына негізделген теориялық түсініктер.* **Экономикалық тиімділік**. экон. *Экономикалық қызметтің, экономикалық бағдарламалар мен шаралардың нәтижелілігі.* **Экономикалық топшылау**. экон. *Жеке адамдардың және институттардың өздерінің іс-қимылдарының салдары болуы мүмкін тиімділіктер мен шығындарын есептеуге негізделген ұтымды немесе нысаналы шешімдер қабылдау қабілеті.* **Экономикалық тренинг**. экон. *Басқару әрекеттері тиімділігінің бағалау есептерін жүргізуге мүмкіндік беретін компьютерлендірілген іскерлік ойын.* **Экономикалық цикл**. экон. *Нарықтық экономиканың бір дағдарыстан екінші дағдарысқа жылжу кезеңі.* **Экономикалық элита.** экон. *Халық шаруашылығының экономика саласындағы таңдаулы өкілдері, бетке тұтарлары.*

**ЭКОНОМИКС** [ағыл. economics] зат. экон. *Барлық экономика ғылымдарының жетістіктерін жинақтайтын, бизнес заңдарын және оларды іске асыру тетігін, шаруашылықты жүргізу әдістерін, экономикалық саясатты, экономиканың кез келген саласындағы практикалық қызметтің проблемалары мен қарама-қайшылықтарын ашатын ғылыми пән.*

**ЭКОНОМИСТ** зат. *Жалпы экономика саласының, экономика ғылымының маманы.*

**ЭКОНОМИЯ** [грек. oikonomia] зат. *Бір нәрсені ұқыптылықпен жұмсаудан түсетін пайда.*

**ЭКОНОМ-СЫНЫП** зат. авиац. *Авиациялық билеттің жай, жалпы тарифке сай келетін санаты.*

**ЭКОӨНІМ** зат. *Экологиялық жағынан таза өнім.*

**ЭКОПОЛИС** [грек. oikos – үй, орын, polis – қала] зат. экол. **1.** *Адамның экологиялық қажеттілігі ескеріліп, жоспарлап салынған қалалық мекен.* **2.** *Қоршаған ортаға сай жоспарланған және онымен үйлесімді функциясын атқаратын қалалық мекен.*

**ЭКОПСИХОЛОГИЯ** зат. экол. *Халықтың психологиялық салауаттылығының экологиялық кінәратсыздығымен шұғылданатын экология бөлімі.*

**ЭКОСАЯСАТТАНУ** зат. экол. *Экологиялық саясаттың құрылымдық сипатын зерттейтін саяси ғылымның кешенді бағыты.*

**ЭКОСАЯСИ** сын. экол. *Экологиялық саясатқа қатысты, экологиялық саясатқа тән.*

**Экосаяси кеңістік.** *Қазіргі өркениет өміріндегі экологиялық мәселелер мәнінің артуын, осы мәселелердің саясаттың маңызды факторларына айналуын білдіретін ұғым.*

**ЭКОТЕХНОЛОГИЯ** зат. *Экологияға зардап тигізбейтін технология, экологиялық залалсыз технология.*

**ЭКОТИПТЕР** [грек. oikos – үй, орын, typos – үлгі] зат. ботан. *Өсімдіктердің ерекше нысандары.*

**ЭКОТОКСИКОЛОГИЯ** [грек. oikos – үй, toxikon – у, logos – ілім] зат. *Экожүйеге экологиялық улы заттектердің тигізетін әсерлері мен зардаптарын зерттейтін ғылым.*

**ЭКОТОН** зат. экол. *Әртүрлі ландшафттың арасындағы алмасушылық тегі.*

**ЭКОТОП** зат. экол. *Биоценоздың құрамына кіретін абиоталық құрылымдар: литосфера, гидросфера және атмосфера.*

**ЭКОЦИД** [грек. oikos – үй, мекен, лат. caedere – өлтіру] зат. экол. **1.** *Бүкіл тіршілік иелерінің мекен ортасын (тіршілік ортасын әдейі, қылмысты түрде) қирату.* **2.** *Ұлан-ғайыр аймақта соғыс мақсатында адамның мекен ортасын жою.*

**ЭКРАН** [франц. ecran] зат. **1.** *Әртүрлі энергия көздері шығаратын сәуленің зиянды әсерінен қорғану үшін оларды кері қайтаратын, жұтатын және өзгертетін, құбылтатын беті бар құрылғы.* **2.** *Рентген, диапозитивтер, кино-фото-кескіндерін сәулелендіріп көрсетуге арналған мата не-*

*месе арнайы затпен көмкерілген пластмасса, шыныдан жасалған бет.* **3.** ауыс. *Кино өнері.* **4.** *Кинофильмдердің көрсетілімі.*

**Экранды басқару.** инф. *Ақпаратты компьютерде жұмыс істеушіге қолайлы түрде экранда бейнелеу тәсілі.* **Экранды тазалау.** инф. а) *Дисплей экранындағы барлық ақпаратты жою операциясы.* ә) *Дисплей экранынан барлық кескіндерді жою операциясы.* **Экран жұлдызы.** *Теледидардан жиі көрсету нәтижесінде танымал болған тұлғалар.* **Экран қарпі**. инф. <ағыл. screen fonts> *Дисплей бетіне бейне шығару үшін қолданылатын қаріп.* **Экран панелі**. инф. <ағыл. screen panel> *Жақтаумен қоршалған және арнайы мәліметтерді орналастыруға, пішімдерді даярлауға және басқа да мақсаттарға арналған дисплей экранындағы аймақ.*

**ЭКРАНДА=** ет. *Көркем шығарма, пьеса, спектакль, сценарий негізінде фильм жасау, экранда көрсетуге лайықтау.*

**ЭКРАНДАЙ** сын. *Экран сияқты, экран тәрізді.*

**ЭКРАНДАЛ=** ет. *Экранда көрсетілу.*

**ЭКРАНДАЛУ** *Экрандал етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКРАНДАУ** *Экранда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көркем шығарма, пьеса, спектакль, сценарий негізінде (кино, теледидар үшін) фильм жасау.* **2.** *Зиянды көздердің теріс әсерінен қорғайтын арнайы қалқанмен қорғау, сақтандыру.*

**ЭКРАНДЫҚ** сын. *Экранмен байланысты.*

**Экрандық графика.** инф. <ағыл. onscreen graphics>. *Графикалық дисплейлерді қолдануға бағытталған мәшинелік графика.* **Экрандық интерфейс.** инф. <ағыл. screen interface> *Дисплей көмегімен пайдаланушының компьютермен әрекеттестігін жасақтайтын тілдік және бағдарламалық құралдар.* **Экрандық редактор.** инф. <ағыл. screen editor> *Дисплей экранында мәтінді бейнелеу мен редакциялауды жасақтайтын мәтіндік редактор.*

**ЭКС**[1]... [лат. ex] *Күрделі сөздердің бірінші бөлімі, іштен сыртқа қарай шығу, шығару, жылжу дегенді білдіреді.*

**ЭКС**[1]: *[лат. ex]* **экс оффицио.** *экон. Бизнесте, биржалық қызметте өркениетті ашық бәсеке үшін жағдай жасаушылық.*

**ЭКС**[2]... *«Бұрынғы, бұған дейінгі» кейде «кейін» дегенді білдіретін еуропа тілдерінен енген кәрме сөздердің құрамындағы көмекші сөз.*

**ЭКС-АЛЛ** зат. экон. *Бағалы қағаздарды дивидендсіз, құқысыз, кепілдіксіз не қандай да бір артықшылықсыз сату үрдісі.*

**ЭКС-ДИВИДЕНД** [лат. eks-dividend] зат. экон. *Дивиденд төленгеннен кейін сатылатын не сатып алынатын акция.*

**ЭКСАУМАҚТЫҚ** сын. құқық. *Адамды келген елінің құқықтық құзырынан босатуға қатысты.*

**ЭКСГАУСТЕР** [ағыл. exhauster] зат. тех. *Ауа сиретуге (вакуум жасауға) арналған желдеткіш немесе ауаүрлеуіш.*

**ЭКСГУМАЦИЯ** [лат. exhumatio] зат. құқық. *Адамның мәйітін жерленген жерінен қазып алу.*

**ЭКС-ДИВ: арнаулы экс-див.** экон. *Акциялармен, облигациялармен дивиденд не пайыз құқығынсыз сауда жасау.*

**ЭКСИКАТОР** [лат. exiccare] зат. тех. *Ауадан ылғалды оңай тартатын заттарды кептіруге және сақтауға арналған, қалың шыныдан жасалған, түбіне ылғал сіңіргіш зат салынатын, беті шыны қақпақпен тығыз жабылатын ыдыс.*

**ЭКСИТОН** [лат. excito] зат. физ. *Кристалл құрамындағы атомдардың элементтік бөлшектері аға бастайтын барынша шамырқанған жағдайы.*

**ЭКСКАВАТОР** [ағыл. excavator] зат. *Құрылыс жұмыстарында, жол салуда, кен шығаруда қолданылатын, жер қазып, құм, тас, топырақ алыпсалатын мәшине.*

**ЭКСКАВАТОРШЫ** зат. *Экскаваторды басқарып, жүргізетін жұмысшы.*

**ЭКСКРЕМЕНТ** [лат. excrementum] зат. биол. *Ас қорыту нәтижесінде жануарлар бөліп шығаратын қатты және сұйық қалдықтар.*

**ЭКСКЛЮЗИВТІ** [франц. exclusif] сын. **1.** *Қайталанбас айрықша, шектеулі дана.* **2.** *Бір ғана тұлға, ұжымға тиесілі, қайталанбас, бірегей.*

**ЭКСКЛЮЗИВТІК** [франц. exclusif] сын. кіт. *Қайталанбайтын, айрықша, шектеулі.*

**Эксклюзивтік құқық.** экон. *Айрықша құқық тек бір ғана адамға немесе ұйымға берілетін ,басқа ешкімге берілмейтін айырықша құқық.*

**ЭКСКУРС** [лат. excursus] зат. *Жанама мәселені түсіндіру үшін негізгі тақырыптан ауытқу.*

**ЭКСКУРСАНТ** зат. *Экскурсияға қатысушы.*

**ЭКСКУРСИЯ**[1] [лат. excursio] зат. **1.** *Бір нәрсе жайынан толығырақ мағлұмат алу, сондай-ақ көңіл көтеріп, серуендеп қайту мақсатында ұйымдастырылған ұжымдық арнайы сапар.* **2.** *Ғылым, білім беру, мәдени-ағарту мақсатында белгілі орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар не жорық.*

**ЭКСКУРСИЯЛЫҚ** сын. *Экскурсияға қатысты, экскурсияға тән.*

**ЭКСКУРСОВОД** зат. сөйл. *Экскурсияны басқарушы кісі.*

**ЭКСЛИБРИС** [лат. ex libris] зат. баспа. *Кітап мұқабасының ішкі жағындағы кітап иесінің аты жазылған көркем орындалған кітап таңбасы.*

**ЭКСПАНСИОНИЗМ** зат. *Ықпал ету өрісін кеңейте түсуге негізделген империалистік саясат.*

**ЭКСПАНСИОНИСТІК** [франц. expansif] сын. *Экспансионизмге тән, экспансионизмге қатысты.*

**Экспансионистік шаралар**. *Халықтың сатып алу қабілетін, мемлекеттік шығындарды, айналыстағы ақша массасын ұлғайтуға, салықты кемітуге, өндірісті кеңейтуге бағытталған шаралар жиынтығы.*

**ЭКСПАНСИЯ** [лат. expansio] зат. саяси. *Бөтен аумақтар мен өндіріс бұйымдарын өткізетін базарларды күшпен басып алу мақсатында басқа мемлекеттерге өзінің саяси және экономикалық үстемдігінің өрісін кеңейте түсуге ұмтылатын империалистік саясат.*

**ЭКСПАТРИАНТ** зат. құқық. *Азаматтық құқығынан күштеп айырылған немесе өзі бас тартқан, басқа елге ел ішінен көшірілген немесе өз еркімен көшкен тұлға.*

**ЭКСПАТРИАЦИЯ** [лат. ex – шығыс септігінің мағынасы, patria – Отан] зат. құқық. *Азаматтық құқығынан күштеп айырып, басқа елге көшіру.*

**ЭКСПЕДИТОР** зат. *Шаруашылық орындарында қажетті бұйымдарды алып келу, жөнелту ісімен шұғылданатын қызметкер.*

**ЭКСПЕДИЦИЯ** [лат. expeditio] зат. **1.** *Арнайы тапсырма бойынша жорыққа, сапарға шыққан топ.* **2.** әск. *Маңызды ауданды басып алу, одақтас әскерлерге көмектесу, басқа да саяси-әскери міндеттерді орындау үшін, көбінесе, теңіз (әуе) көлік арқылы жіберілетін бір немесе одақтас бірнеше мемлекеттің қарулы күштерінің бір бөлігі.*

**ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ** сын. *Экспедицияға тән, экспедицияға қатысты.*

**ЭКСПЕКТАЦИЯ** [ағыл. expectation] зат. пед. *Индивидтің әлеуметтік рөлдерді атқаруы нормаларына қатысты талаптар жүйесі.*

**ЭКСПЕРИМЕНТ** [лат. experimentum] зат. **1.** *Зерттеу мақсатына орай нақты бір жағдайларда қандай да бір құбылысты қайта жаңғырту, жаңа құбылысты бақылау мақсатында жүргізілетін ғылыми тәжірибе.* **2.** *Бұрын-соңды сыналмаған нәрсені сынау.*

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ** сын. *Экспериментке, тәжірибеге негізделген.*

**ЭКСПЕРИМЕНТАТОР** зат. *Эксперимент, тәжірибе жүргізуші кісі.*

**ЭКСПЕРИМЕНТТЕ=** ет. *Сынап байқау арқылы тәжірибе жүргізу.*

**ЭКСПЕРИМЕНТТЕУ** *Экспериментте етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКСПЕРИМЕНТТІК** сын. *Экспериментке тән, экспериментке қатысты.*

**Эксперименттік авиация.** авиац. *Авиация және басқа техника саласында тәжірибелік-конструкторлық, эксперименттік, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен сынақтарын жүргізуге арналған авиация.* **Эксперименттік мектептер**. пед. *Өз уақытынан озық жаңа педагогикалық идеяларды, сондай-ақ мұғалімдер мен педагогтардың практикалық тәжірибесін тексеруге, тұжырымдауға немесе негіздеуге арналған оқу-тәрбие мекемелері.* **Эксперименттік оқыту**. пед. *Психологиялық-дидактикалық мәселелерді зерттеу әдістерінің бірі.* **Эксперименттік педагогика**. пед. *Психология мен педагогикадағы баланы жан-жақты зерттеу және педагогикалық теорияны эксперименттік жолмен негіздеу мақсатын көздейтін бағыт.* **Эксперименттік психология**. пед. *Эксперименттік әдістерді қолдану арқылы психикалық құбылыстарды зерттеудің әркилы түрлерінің жалпы белгіленуі.* **Эксперименттік ракета**. әск. *Нысанаға жетудің көптеген тәуелсіз жүйелерімен жабдықталған 10 оқтұмсығы бар американдық континенталық баллистикалық ракета.* **Эксперименттік фонетика.** лингв. *Тәжірибелік фонетика; тілдің дыбыстық жүйесін лабораториялық жолмен, тәжірибе жасау арқылы тексеретін фонетика саласы.* **Эксперименттік экология.** экол. *Адамның орбиталық стансылардағы ұшу аппараттарының кабиналарында ұзақ уақыт болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жасанды экожүйелер құру әдіс-амалдарын талдап-белгілейтін қолданбалы білім саласы.*

**ЭКСПЕРТ** [лат. expertus] зат. *Сарапшы, сараптама жүргізетін маман.*

**ЭКСПЕРТТІК** сын. *Экспертке тән, экспертке қатысты.*

**ЭКСПЕРТИЗА** зат. ***Сараптама.***

**ЭКСПИРАЦИЯ** [лат. expirare] зат. экон. **1.** *Электронды несие картасының қолданылу мерзімінің бітуі.* **2.** *Опционды қолданылу мерзімінің бітуі.*

**ЭКСПИРАЦИЯ** [лат. expiratio] зат. вет. *Дем шығар, тыныс сатысы.*

**ЭКСПИРАТОРЛЫҚ** сын. кіт. *Қатты қарқынды лебізді, күшті.*

**Экспираторлық екпін.** лингв. *Лебізді немесе динамикалық екпін.*

**ЭКСПЛАНТ** зат. биол. *Каллус немесе бүтін ағза алу үшін арнайы (жасанды) ортаға егілетін ұлпадан, мүшеден оқшаулап алған бөлшек.*

**ЭКСПЛАНТАЦИЯ** [лат. ex – сырт, plantare – егу] зат. биол. *Арнайы қоректі ортада жануарлар мен өсімдіктердің жасуша, ұлпа, ішкі ағзаларын, мүшелерін ұзақ мерзім сақтау және өсіру.*

**ЭКСПЛИКАЦИЯ** [лат. explicatio] зат. **1.** *Жоба, карталардағы шартты белгілерге түсіндірме беру ісі.* **2.** *Түсініктеме, бағалау, пайдалану ережелері бар бір нәрсенің қысқа жазбаша сипаттамасы.*

**ЭКСПЛИЦИТТІ** [ағыл. explicit] сын. лингв. *Тілдік материал арқылы ашық айтылып, нақты түсіндірілген.*

**ЭКСПЛОЗИВ: эксплозив дауыссыздар.** лингв. <франц. explosif> *Жабысыңқы тұрған сөйлеу органдары ашылған сәтте шығатын ауаның өтуінен пайда болатын шұғыл дауыссыз дыбыстар: б, п, д, т.*

**ЭКСПЛОЗИЯ** [франц. explosion] зат. **1.** геол. *Жарылыс, газдың бөлінуі мен күл пайда болуы, жанартаулық бомбалар, пемза мен туфтар және өзге де күпсек, борпылдақ жанартау жыныстарының бөлінуі қосарлана жүретін жер бетіне тасталған, атқыланған жанартау материалдары.* **2.** лингв. *Жабысыңқы (шұғыл) дауыссыздар жасалуының үшінші фазасы.*

**Эксплозия деңгейі.** геол. *Жанартау каналында газ көпіршіктерінің жарылу үдерісінің тереңдігі.*

**ЭКСПЛОЗИЯЛЫҚ** сын. *Эксплозияға тән, эксплозияға қатысты.*

**Эксплозиялық конустар.** геол. *Конус пішінді жанартаулардың жалпы аты.*

**ЭКСПЛУАТАТОР** зат. *Еңбекші қауымды қанаушы.*

**ЭКСПЛУАТАЦИЯ** [франц. exploitation] зат. **1.** *Бөтен адамның еңбегін пайдалану, қанау.* **2.** *Табиғи байлықтарды өңдеу, пайдалану.* **3.** *Еңбек және көлік құралдарын, жаңа техниканы, құрылыс орнын пайдалану ісі.* **4.** тар. *Антагонистік қоғамда үстем таптың бұқараны қанауы.*

**ЭКСПЛУАТАЦИЯЛА=** ет. **1.** *Пайда табу үшін біреудің еңбегін пайдалану, қанау.* **2.** *Жаңа техниканы, құрылыс орнын іске қосу, пайдалану.*

**ЭКСПЛУАТАЦИЯЛАУ** *Эксплуатацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКСПОЗИЦИЯ** [лат. expositio] зат. **1.** *Мұражайлар мен көрмелерге қойылған мұрағаттардың белгілі бір жүйе бойынша орналасқан тәртібі және олардың жиынтығы.* **2.** әдеб. *Көркем шығармада оқиға дамып-өрістейтін орынды, ортаны, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап, алғаш оқушыға таныстыру.*

**ЭКСПОНАТ** [лат. exponatus] зат. ***Мұразат*** *(жұрт көру үшін көрмеге, мұражайға қойылған зат).*

**ЭКСПОНЕНТ** [лат. exponens] зат. *Көрмеге экспонат қоюшы тұлға немесе мекеме, ұйым.*

**ЭКСПОРТ** [ағыл export] зат. экон. **1.** *Шетелге шығарылған өндіріс өнімдері мен тауарлар, технологиялар, капитал.* **2.** *Елден шығарылған тауарлардың жалпы саны мен жалпы сомасы.*

**ЭКСПОРТТА=** ет. экон. *Шетелге шикізат, тауар, капитал мен технологиялар шығару.*

**ЭКСПОРТТАУ** *Экспортта етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКСПОРТТАЛ=** ет. экон. *Шетелге шикізат, тауар, капитал мен технологиялардың шығарылуы.*

**ЭКСПОРТТАЛУ** *Экспорттал етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКСПОРТТАУШЫ** зат. <франц. exporteur> экон. *Экспорттайтын, шетелге шығаратын тұлға немесе мекеме.*

**ЭКСПОРТТЫҚ** сын. *Экспортқа тән, экспортқа қатысты.*

**Экспорттық әлеует.** экон. *Елдің ұлттық шаруашылығының сыртқы рынок үшін бәсекелесуге жарамды өнімді қажетті мөлшерде өндіру қабілеті.* **Экспорттық бақылау.** экон. *Тауарлардың кейбір санаттарын шетке шығаруға рұқсат беру тәртібін енгізу жолымен белгілі бір әкетілім заттарына тыйым салу, шек қою, оларды бақылау жөніндегі шаралар жүйесі.* **Экспорттық лизинг.** экон. *Лизингілік компания ұлттық фирмадан жабдық сатып алатын, содан соң оны шетелдегі жалгерге беретін мәміле.* **Экспорттық мәміле.** экон. *Шет мемлекет немесе оның өкілі (кәсіпорын, фирма, жеке тұлға) тараптардың бірі болып табылатын мәміле.* **Экспорттық несие.** экон. *Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатуды қаржыландыру мақсатымен шетелдік сатып алушыларға немесе олардың банктеріне берілетін несие; экспортты ынталандыру құралы.* **Экспорттық үлестеме.** экон. *Өнімнің белгілі бір түрлері бойынша елдің халықшаруашылығы, жекелеген өндірістер мен салалар үшін экспорттың мәнділігін сипаттайтын мөлшерлік көрсеткіш.*

**ЭКС-ПРЕЗИДЕНТ** зат. *Бұрынғы Президент.*

**ЭКСПРЕСС**[1] [ағыл. express] *Күрделі сөздердің бірінші бөлімі. Тез, шұғыл қызмет көрсету, шапшаң іске асыру мағыналарына қатысты.*

**ЭКСПРЕСС**[2] [ағыл. express] зат. *Ірі стансыларға ғана тоқтап өтетін жүрдек пойыз немесе сондай тәртіппен қатынайтын кеме, автобус.*

**ЭКСПРЕССЕМА** зат. әдеб. *Поэтикалық мәтін контексінде эстетикалық мәні бар парадигма.*

**ЭКСПРЕССИВТІ** сын. *Көркекі, эмоциялық күйді бейнелей алатын.*

**ЭКСПРЕССИВТІК** сын. **Экспрессивтік қауесет.** *Мазмұнында білдіретін эмоциялық күйлер және оған сәйкес экспрессиялық реакциялар болатын қауесет.*

**ЭКСПРЕССИВТІЛІК** [лат. expressio] зат. лингв. *Тіл бірліктерінің семантикалық-стилистикалық белгілерінің жиынтығы.*

**ЭКСПРЕССИОНИЗМ** [франц. expressionnisme] зат. әдеб. *XX ғасырдың басында Батыс Еуропа елдерінде туып, Ресейге тараған өнер мен әдебиеттегі өмір шындығын бұрмалап көрсетуге негізделген идеалистік ағым.*

**ЭКСПРЕССИЯ** [лат. expressio] зат. **1.** *Айқындылық, сезім, күйзелісті көрсету күші.* **2.** лингв. *Сөздің сезім күйлерін білдіретін нақышты мәнерлілігі.*

**ЭКСПРЕССИЯЛЫҚ** сын. *Экспрессияға тән, экспрессияға қатысты.*

**ЭКСПРОМТ** [лат. expromptus] зат. *Дайындықсыз, қолма-қол суырып салып айтылатын шешендік сөз, өлең-жыр не орындалу үстінде туатын музыкалық туынды.*

**ЭКСПРОПРИАТОР** зат. кіт. *Қоғамдық мәні бар бір нәрсені заң негізінде күштеп тартып алушы, экспроприация жасаушы, мал-мүліктен айырушы.*

**ЭКСПРОПРИАЦИЯ** [франц. exprorpration] зат. **1.** заң. *Біреудің не белгілі бір таптың іріірі меншігін, мүлкін күштеп тартып алу шарасы.* **2.** *Мемлекеттік органдардың мүлікті төлемсіз күштеп (тәркілеу) немесе төлеу (реквизициялау) арқылы тартып алу шарасы.*

**ЭКСПРОПРИАЦИЯЛА=** ет. *Жеке меншікті, мүлікті заң негізінде тартып алу.*

**ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАУ** *Экспроприацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ЭКССУДАТ** [лат. exsudare] зат. вет. *Жалқаяқ (қан, лимфа тамырынан шыпшып шығып, қабынған ұлпа ішіне, дене қуысына жиналатын сұйық зат).*

**ЭКСТАЗ** [грек. extasis] зат. **1.** кіт. *Шаттық пен масаттанудың есерленуге айналатын ең биік шегі.* **2.** мед. *Психикалық аурудың аффективті (күйзелісті) түрі.*

**ЭКСТЕНЗИЯ** [лат. extensio] зат. мед. *Аяққол немесе дененің басқа мүшелерін бүгу, созу.*

**ЭКСТЕНЗОРЫ** [лат. extendere] зат. *Жазғыш, жаздырғыш (мәселен, буынды) бұлшықеттер.*

**ЭКСТЕНСИВТІ** [лат. extensivus] сын. *Сапалық емес, сандық жағынан кеңейтуге, ұзартуға бағытталған, сондай-ақ, халықшаруашылығында өнімнің сапасын жақсарту жағы ескерілмей, оның тек санын, көлемін арттыруға бағытталған.*

**ЭКСТЕРН** [лат. externus] зат. **1.** пед. *Белгілі бір оқу орнында оқымай-ақ өз күшімен емтихан тапсырушы адам.* **2.** мед. *Тәжірибеден өту мақсатында емханада немесе өзге мекемеде ақысыз жұмыс істейтін адам, штаттан тыс дәрігер.*

**ЭКСТЕРНАТ** зат. пед. **1.** *Ғылымдарды, оқу курсын өз бетінше жедел оқып игеру жүйесі.* **2.** *Ерекше санаттағы адамдарға арналған оқыту нысандарының бірі.*

**ЭКСТИРПАЦИЯ** [лат. extirpatio] зат. вет. *Сылу, сылып тастау, белгілі бір мүшені (мәселен, желінді, жатырды, оның бір бөлігін) кесіп алып тастау.*

**ЭКСТРА**[1] [лат. extra] сын. *Күрделі сөздің құрамында келіп, ең жақсы, бәрінен жоғары дегенді білдіреді.*

**ЭКСТРА**[2] зат. экон. *Сауда-саттыққа қатысушы клиенттердің мұқтаждарына бейімделген валюталық опцион.*

**ЭКСТРА**[3] [лат. extra] сын. экон. *Ең сапалы (тауар туралы)*

**ЭКСТРАГЕНТТЕР** зат. биол. *Қатты денелерден немесе сұйық қоспалардан жекелеген құрауыштарды ажыратып алатын заттар.*

**ЭКСТРА–ДИВИДЕНД** зат. экон. *Компания төлейтін жай дивидендті толықтыру ретінде акциялар не қолма-қол ақша нысанындағы қосымша дивиденд.*

**ЭКСТРАДИЦИЯ** [франц. extradition] зат. саяси. *Шет мемлекетке ол елдің заңдарын бұзған адамды беру.*

**ЭКСТРАКОРПОРАЛДЫҚ** сын. мед. *Деneden тыс ұрықтандыруға қатысты.*

**ЭКСТРАКТ** [лат. extractum] зат. фарм. *Дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын өсімдік сығындысы; сөл.*

**ЭКСТРАКТОР** зат. *Бір нәрсені шығаруға, бөліп алуға арналған құрал.*

**ЭКСТРАКЦИЯ** [лат. extrahere] зат. хим. *Бір не бірнеше құрауышты бұл ерітіндімен араласпайтын басқа бір ерітіндіге ауыстыру арқылы ажыратып алу үдерісі.*

**ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ** сын. лингв. <лат. extra сырт, тыс, франц. linguistique – тілдік> *Тілдің өзіндік қасиетінен тыс, қоғамдық өмір жағдайында дамып, қызмет ететін.*

**ЭКСТРАПОЛЯЦИЯ** [лат. extra – сырт, тыс, polire – өңдеу, теп-тегіс ету] зат. **1.** терм. *Құбылыстың бір бөлігін байқау барысындағы қорытындыларды оның басқа бөлігіне таратудан тұратын ғылыми зерттеу тәсілі.* **2.** матем. *Біркатар мәнділіктер негізінде оның бұл қатардан тыс өзге мәнділіктер функциясын табу.*

**ЭКСТРАСЕНС** зат. психол. *Ауруды, психикалық дертті анықтайтын және емдейтін аса сезгіштік қабілеті бар адам, көріпкел, балгер.*

**ЭКСТРАСЕНСОРИКА** зат. психол. *Адамның аса сезгіштік қабілеттері арқылы аурулар мен психикалық дерттерді анықтап, емдей алатын қасиеті.*

**ЭКСТРАСИСТОЛИЯ** [лат. extra – сырттай, systole – жиырылу, қысқару] зат. мед. *Жүректің не оның жеке бөліктерінің мезгілінен бұрын жиырылуы, жүрек ырғағының бұзылуы.*

**ЭКСТРАФРАХТ** зат. экон. *Әдеттен тыс тасымалақы, әдеттен тыс кірепұл.*

**ЭКСТРЕМИЗМ** [лат. extremus] зат. саяси. *Шектен асатын, біржақты көзқарастар мен шараларға берілгендік.*

**ЭКСТРЕМИСТ** зат. саяси. *Саясатта тым солақай көзқарасты жақтаушы.*

**ЭКСТРЕМИСТІК** сын. саяси. *Экстремизмге тән, экстремизмге қатысты.*

**ЭКСТРЕМУМ** [лат. extremum] зат. матем. *Функцияның математикалық ең көп және ең аз мәндері.*

**ЭКСТРОВЕРТ** зат. *Өзгерісқұмар адам.*

**ЭКСТРУЗИЯ** [ағыл. extrusion] зат. хим. **1.** *Резеңке, пластмассадан кескінделген ұзын бұйымдарды дайындау ісі.* **2.** геол. *Тұтқыр лавалы жанартауларға тән әрекет түрі.*

**ЭКСТРУЗИЯЛЫҚ** сын. *Экструзияға қатысты, экструзияға тән.*

**Экструзиялық таужыныс**. геол. *Тұтқыр лавалардың жанартау көмейінен өз тұтастығын сақтай отырып, сығымдала көтерілуі нәтижесінде қалыптасатын таужыныстар түрі.*

**ЭКСЦЕДЕНТ** [лат. exess] зат. кіт. *Бірдеңенің шектен тыс болушылығы, артықтығы;*

**ЭКСЦЕНТРИК**[1] [франц. excentrique] зат. өнер. *Белгілі бір қалыпқа түскен іс-әрекетті оқыс қимылдармен күлдіргі етіп, керісінше көрсететін цирк не эстрада актері.*

**ЭКСЦЕНТРИК**[2] [франц. excentrique] зат. тех. *Мәшиненің айналмалы қозғалысын реттейтін, оны қозғалысқа қосатын тетігі.*

**ЭКСЦЕНТРЛІК** сын. астр. *Ортақ центрі жоқ.*

**ЭКСЦЕСС** [лат. excessus] зат. психол. **1.** *Көрсеқызарлық, ынсапсыздық, ұстамсыздық тәрізді сезім күйлерінің шектен тыс асқынған көрінісі.* **2.** *Қоғамдық тәртіпті оғаш бұзушылық.*

**ЭКС-ЧЕМПИОН** зат. спорт. *Белгілі бір спорт түріндегі бұрынғы чемпион.*

**ЭКТО**...[грек. ektos] *Күрделі сөздердің бірінші бөлігінде келіп, тыс, сыртқы деген мағына білдіреді.* Мысалы: *эктоплазма.*

**ЭКТОДЕРМА** зат. вет. *Көпжасушалы жануарлардың сыртқы ұрық қабаты.*

**ЭКТОПАРАЗИТ** зат. биол. *Дене сыртында тоғышар түрінде тіршілік ететін ағза (бит, кене).*

**ЭКТОПАРАЗИТТЕР** зат. мед. *Адам денесінің сыртында тіршілік ететін паразиттер.*

**ЭКТОФЕРМЕНТТЕР** зат. биол. *Жасушалар сыртқа бөліп шығаратын ферменттер немесе жасуша сыртында болатын ферменттер.*

**ЭКУМЕНИЗМ** [лат. oecumenicus] зат. діни. *Түрлі христиандық діни ағымдарды біріктіру идеясына негізделген христиан қозғалысы.*

**ЭКФРАСИС** зат. өнер. *Эпостық суреттеу тәсілі.*

**ЭКХИМОЗ** [грек. ecchymosis] зат. мед. *Қанталау, ұрылу, соғылу салдарынан жұмсақ тінге (шелге) аздап қан құйылу.*

**ЭКШН** [ағыл. action] зат. өнер. *Қозғалысты сюжетті фильм.*

**ЭКЮ**[1] [франц. ecu] зат. экон. *Францияның күмістен және алтыннан соғылған ертедегі монеті.*

**ЭКЮ**[2] [ағыл. European Currency Unit сөздерінің қысқартылған түрі] зат. экон. *Еуропалық валюта жүйесінің негізі болып табылатын еуропалық есеп айырысу өлшемі.*

**ЭЛАСТИК** [лат. elastikos] зат. хим. *Белбеу, құрсау және т.б. тұрмыстық заттар жасалатын, жақсы созылатын резеңке талшықтары қосылған мата.*

**ЭЛАСТИН** [лат. elastikos] зат. биол. *Эластикалық дәнекер тіндердің негізгі массасын құрайтын ақуыз.*

**ЭЛАСТОПЛАСТАР** зат. хим. *Жоғары температураларда термопластардың аққыштығымен, ал қалыпты температурада резеңке тәрізді қасиеттерімен сипатталатын полимерлер.*

**ЭЛАТИВ** [лат. elativus] зат. лингв. *Сапаның мейлінше артықшылығын басқа затпен салыстырмай-ақ білдіретін күшейтпелі (асырмалы) шырай формалары.*

**ЭЛЕВАТОР** [лат. elevator] зат. тех. **1.** *Жүкті тік немесе көлбеу бағытта үздіксіз тасымалдауға арналған, сөрелі, бесікшелі, шөміштті құрылғы.* **2.** *Астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге және сақтауға лайық механикаландырылған жабдығы бар үлкен астық қоймасы.*

**ЭЛЕГИЯ** [лат. elegia] зат. өнер. *Жабырқаулы, мұңды сезім күйлерін білдіретін лирикалық өлең, сондай-ақ сол сарындас музыкалық пьеса.*

**ЭЛЕКТИВТІК** [лат. electus] сын. *Таңдаулы, іріктелген.*

**ЭЛЕКТОРАТ** [лат. elector] зат. кіт. *Парламенттік, президенттік немесе жергілікті билік органдарына сайлау барысында қандай да бір үміткерді, саяси партияны қолдап, дауыс беруші сайлаушылар тобы.*

**ЭЛЕКТР** [грек.elektron] зат. **1.** физ. *Материя бөлшектерінің (электрондардың, позитрондардың және протондардың) қозғалысынан пайда болатын қуат күшінің түрі. // Электрге қатысты, электрмен жұмыс істейтін.* **2.** *Осындай қуат күшінен алынатын жарық.*

**Электр аспаптар**. физ. *Ағаштан, металдан, пластмассадан және т.б. әртүрлі бұйымдар жасау, сондай-ақ пәтерді және тұрмысқа қажетті заттарды жөндеу кезінде аралау, егеу, бұрғылау, ұшкірлеу, сүргілеу, өңдеу, жылтырату үшін қолданылатын, электр қуатымен жұмыс істейтін құрал-саймандар.* **Электр контакті.** инф. *Электр тізбегінің құрамды бөліктерінің электр тогын өткізетін жанасқан жері (беті) немесе осылай жанасуды (жалғасуды) қамтамасыз ететін тетігі.* **Электр кофеұсатқыш.** тех. *Екі бөлікті пластмасса корпустан құралған, бірінде электрқозғалтқыш, ал екіншісінде – түбінде саптамамен бекітілген дәнге арналған бункер орналасқан, кофе дәні шапшаң айналатын саптаманың (қалақшасы бар диск) көмегімен ұсақталатын кофеұсатқыш.* **Электр қозғаушы күш.** физ. *Электр тізбегіне жалғанған, табиғаты электростатикалық емес энергия көзі.* **Электр қуаты.** физ. *Киловатт-сағатпен өлшенетін электр энергиясы.* **Электр қырықтық.** тех. *Электр қуатымен қой қырқатын аппарат.* **Электр мәшинесі**. физ. *Электрмагниттік индукция құбылысын пайдалану негізде қозғалатын мәшине.* **Электр өрісі.** физ. *Электр зарядының айналасында немесе бір уақыт ішіндегі магнит өрісінің өзгерісі нәтижесінде пайда болатын электромагниттік өрістің дербес түрі.* **Электр плита**. физ. *Тамақ пісіруге арналған электрлік қыздырғыш аспап.* **Электр тізбегі**. физ. *Электр энергиясын тасымалдауға арналған сым немесе кабель.* **Электр ұстарасы.** *Пышақ блогының іске қосылуы арқылы қырынуға болатын ұстара.* **Электр шамы**. физ. *Электр энергиясы оптикалық сәуле энергиясына айналатын жасанды жарық көзі.*

**ЭЛЕКТРДӘНЕКЕРЛЕ=** ет. *Металдарды жылдам еритін металдың көмегімен бір-біріне бекіту.*

**ЭЛЕКТРДӘНЕКЕРЛЕУ** *Электрдәнекерле етістігінің қимыл атауы.*

**ЭЛЕКТРДӘНЕКЕРЛЕУШІ** зат. *Металдарды тез еритін металдың көмегімен бір-біріне жалғайтын, бекітетін маман.*

**ЭЛЕКТРДИАЛИЗ** зат. экол. *Тұзды суларды тұщыландырып тазалайтын әдіс.*

**ЭЛЕКТРДИІРМЕН** зат. тех. *Астық өнімдерін тартуға арналған, жұмыс органдары электр энергиясының күшімен қозғалатын қондырғы.*

**ЭЛЕКТРЕТТЕР** зат. хим. *Полюстейтін тудыратын сыртқы әсерді тоқтатқаннан кейін ұзақ уақыт электрленген күйде болуға қабілетті материалдар тобы.*

**ЭЛЕКТРЖЫЛЫТҚЫШ** зат. физ. *Электр қуатымен жылытатын құрылғы.*

**ЭЛЕКТРИК**[1] зат. сөйл. **1.** *Электр, электрика саласының маманы, электр қуатымен байланысты істердің техник қызметкері.* **2.** *Электрмонтер, электртехник.*

**ЭЛЕКТРИК**[2] [франц. electrique] сын. *Сұрғылт реңкті көгілдір немесе көк түс.*

**ЭЛЕКТРИЧКА** зат. сөйл. *Электрлі темір жол және осындай жолмен жүретін пойыз.*

**ЭЛЕКТРКАРДИОГРАММА** зат. мед. *Электркардиографтан алынған, жүректің жұмыс істеуін көрсететін қағазға түскен сызық.*

**ЭЛЕКТРКАРДИОГРАФ** зат. мед. *Жүректің жұмысын тексеріп, оны қағазға түсіретін аппарат.*

**ЭЛЕКТРКАРДИОСТИМУЛЯТОР** зат. мед. *Жүректі электр импульстарымен жұмыс істететін құрылғы-аппарат.*

**ЭЛЕКТРКОАГУЛЯЦИЯ** зат. мед. *Жоғары жиіліктегі электр қуатының ағзадағы ақуыз тіндерін ұйыту қасиетіне негізделген қыздырылған электродпен тіндерді күйдіретін электрхирургиялық емдеу әдісі.*

**ЭЛЕКТРКАРДИОГРАФИЯ** зат.мед. *Жүректің жұмыс істеу үстіндегі электр толқындарының сызбасына негізделген жүректің жұмысын бақылау тәсілі.*

**ЭЛЕКТРКОРУНД** зат. хим. *Электрдоғалы балқытудан алынатын синтетикалық корунд.*

**ЭЛЕКТРҚОЗҒАЛТҚЫШ** зат. физ. *Электр энергиясын механикалық энергияға айналдыратын қозғалтқыш.*

**ЭЛЕКТРЛЕН=** ет. *Тұрмыс пен халық шаруашылығына электр қуаты ену.*

**ЭЛЕКТРЛЕНДІР=** ет. *Өндіріс пен тұрмысқа электр энергиясын кеңінен енгізу, электр қуатын жіберу, қуаттандыру.*

**ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ** *Электрлендір етістігінің қимыл атауы.*

**ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛ=** ет. *Электр қуаты жіберілу, қуаттандырылу.*

**ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛУ** *Электрлендіріл етістігінің қимыл атауы.*

**ЭЛЕКТРЛЕНУ** *Электрлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЭЛЕКТРЛІ** сын. тех. *Электр тогымен жұмыс істейтін.*

**Электрлі кофеқайнатқыш.** тех. *Қуаты 700-1200 Вт құбырлы электр қайнатқыш элементі бар, жылу ажыратқыш құрылғымен немесе әзірленген кофені ыстық күйінде (кемінде 60°C температурада) сақтауға арналған тетікпен жабдықталған кофеқайнатқыш.* **Электрлі кофеұсатқыш.** тех. *Электр кофеұсатқыш.*

**ЭЛЕКТРЛІК** сын. физ. *Электрге қатысты, электрге тән.*

**Электрлік бәрбі.** тех. *Бәрбінің бұрғылау аспабын электр арқылы айналдыратын түрі.* **Электрлік кедергі.** физ. *Электр тізбегінің немесе өткізгіштің электр тогына қарсы бағытталған әсерін сипаттайтын шама.* **Электрлік конденсатор.** физ. *Диэлектрлік (қағаз, слюда, ауа т.б.) қабатпен бөлінген екі не одан көп қозғалатын немесе қозғалмайтын электродтар жүйесі.* **Электрлік тұрақтандырғыш.** физ. *Электр энергиясын қабылдағыштардың ену нүктесіндегі электр кернеуінің немесе тізбектегі ток күшінің мәнін автоматты түрде тұрақтандыруға арналған құрылғы.*

**ЭЛЕКТРМАГНЕТИЗМ** [грек. elektron – кәріптас, magnētis – магнит] зат. физ. *Электр тогының әсерінен пайда болатын магниттік құбылыстар.*

**ЭЛЕКТРМАГНИТ** зат. физ. *Сыртына оралған сым арқылы ток жүргенде өзекшесінде магнит өрісі пайда болатын, әдетте жұмсақ темір кесегінен істелетін техникалық аспап.*

**ЭЛЕКТРМАГНИТТІК** сын. физ. *Электрмагнитке тән, электрмагнитке қатысты.*

**Электромагниттік индукция заңы.** физ. *Өткізгіштің тұйықталған контурын кесіп өтетін магнит ағыны өзгергенде, өткізгіште индукциялық ток пайда болатынын көрсететін заң.* **Электрмагниттік толқындар.** физ. *Электрмен зарядталған бөлшектерді өзара әсерлестіретін толқын түрі.* **Электромагниттік өріс.** физ. *Электр заряды бар бөлшектердің өзара әсерін жеткізетін физикалық өріс.*

**ЭЛЕКТРМӘШИНЕ** зат. тех. *Электртогымен жұмыс істейтін техникалық құрал, көлік т.б.*

**Электрмәшине зәкірі.** тех. *Электрмәшиненің айналмалы бөлігі (әдетте, тұрақты ток жағдайында), бір-бірінен лакпен немесе қағаз қабатымен оқшауландырылған электротехникалық болат қаңылтырдан жасалынған магнит өзекше.* **Электрмәшине коллекторы.** физ. *Электр мәшинесінің зәкірімен (роторымен) біртұтас жасалған жиілік түрлендіргіш механикалық құрылғы.*

**ЭЛЕКТРМЕТАЛЛУРГИЯ** зат. тех. *Металдарды оксидтерінен тотықсыздандырумен және электр энергиясын жылу көзі ретінде пайдаланып, болат және түрлі құрамды құймалар алумен айналысатын техника саласы.*

**ЭЛЕКТРМЕХАНИК** зат. *Электромеханика саласының маманы.*

**ЭЛЕКТРМЕХАНИКА** зат. *Электротехника ғылымының электр мәшинелеріне арналған бөлімі.*

**ЭЛЕКТРОВОЗ** зат. *Электр қуатымен жүретін локомотив.*

**ЭЛЕКТРОГРАФИЯ** зат. баспа. *Полиграфия істерінде электрлі және магниттік тәсілдердің жиынтығы.*

**ЭЛЕКТРОД** [грек. elektron – кәріптас, hodos – жол] зат. физ. *Затқа электр тогын жіберетін өзек, гальваникалық элемент бөлшегі.*

**ЭЛЕКТРОДИАЛИЗ** зат. физ. *Құрамында электролиттері бар ерітінділерді бөлу әдісі.*

**ЭЛЕКТРОДИКА** з а т . х и м . *Екі фазаның жанасу шекарасында электрхимиялық құбылыстарды зерттейтін теориялық электрхимия бөлімі.*

**ЭЛЕКТРОДТАР** з а т . ф и з . *Электролитпен байланыста болатын электронды өткізгіш фазалар (металдар, шала өткізгіштер).*

**ЭЛЕКТРОКАР** [грек. elektron – кәріптас, ағыл. car – арба] з а т . *Зауыттарда, вокзалдарда және т.б. жерлерде жүк тасымалдауға арналған, электрқозғалтқыш орнатылған, өздігінен қозғалатын арбаша.*

**ЭЛЕКТРОЛИЗ** [грек. elektron – кәріптас, lysis – бөлшектену, еру] з а т . ф и з . *Ерітіндіге электр тогы жіберілгенде ондағы заттардың өз тектеріне қарай ыдырауы, еруі.*

**ЭЛЕКТРОЛИЗДЕ**= е т . *Ерітіндіге электр тогын жіберіп, ондағы заттарды өз тектеріне қарай бөлу.*

**ЭЛЕКТРОЛИЗДЕУ** *Электролизде етістігінің қимыл атауы.*

**ЭЛЕКТРОЛИТТЕР** [грек. elektron – кәріптас, lytos – бөлшектенетін, еритін] з а т . х и м . *Электр тогының өткізілуі иондардың қозғалысы арқасында өтетін химиялық заттар мен жүйелер немесе еріген не балқыған күйінде электр тогын өткізетін зат.*

**ЭЛЕКТРОМЕТР** [грек. elektron – кәріптас, metron – өлшем] з а т . ф и з . *Электр тогының кернеуін, күшін өлшеуге арналған аспап.*

**ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ** [грек. elektron – кәріптас, грек. autos – өзім, лат. mobilis – жылжымалы] з а т . т е х . *Аккумулятор батареяларынан қоректенетін тартылыс электрқозғалтқышы бар автомобиль.*

**ЭЛЕКТРОН**[1] [грек. ēlektron] з а т . ф и з . *Массасы* $9{,}108\cdot10^{-28}$ *тең элементарлы теріс электр заряды бар тұрақты элементарлы бөлшек немесе электрдің ең аз теріс зарядымен зарядталған атомның ең кішкентай ұсақ элементарлы бөлшегі.*

**Электрон элементтер.** х и м . *Берілген элементтен салыстырғанда электртерістіліктері төмендеу болатын химиялық элементтер.* **Электронға ынтықтық.** х и м . *Атомдардың, молекулалардың және аниондардың электронды қосып алып, тұрақты термодинамикалық бөлшек түзуге қабілеттігі.*

**ЭЛЕКТРОН**[2] з а т . х и м . *Авиация құрылысында қолданылатын жеңіл магнит қоспасы.*

**ЭЛЕКТРОНДЫ** с ы н . ф и з . *Электронға қатысты, электроны бар.*

**Электронды пошта**. и н ф . <ағыл. electronic mail, E-mail> *Есептеу жүйелерін пайдаланушылар арасында хабар алысу жүйесі.* **Электронды тораптар**. и н ф . *Бағалы қағаздардың биржадан тыс рыноғы инфрақұрылымының элементі.* **Электронды хронометр.** с п о р т . *Жарыстар кезінде уақытты 0,001 секунд уақыт дәлдікпен өлшей алатын аспап.*

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ** с ы н . *Электронға қатысты, электронға тән.*

**Электрондық авто**. ә с к . *Қозғалатын механикалық қондырғылары (айналмалы білігі, тісті қабылдағыштары, ауыстырып қосқышы) жартылай өткізгіш электрондық сызбалармен ауыстырылған автопилот.* **Электрондық ақша**. и н ф . <ағыл. digital money, digital cash> *CyberCash және DigiCash компанияларының қазіргі кезде жасалатын есептеу құралы.* **Электрондық бланк**. и н ф . <ағыл. electronic sheet> *Көлденең және тік графалармен көптеген ұяшықтарға бөлінген парақ түріндегі компьютер жадының көрнекілік үлгісі.* **Электрондық есептеу мәшинесі**. и н ф . <ағыл. electronic computer> *Есептеулерді жоғары жылдамдықпен әрі дәлдікпен орындауға арналған тез әрекет ететін электрондық қондырғы.* **Электрондық кесте**. и н ф . *Сандармен нөмірленген жолдары мен латын әріптерімен белгіленген бағаналары бар кесте түрінде реттелген ақпаратты өңдеу бағдарламалары.* **Электрондық қарсышаралар**. ә с к . *Күрделі қорғаныс электроникасына қолданылатын қарсышаралар.* **Электрондық құжат.** и н ф . <ағыл. electronic document> *Бағдарламалық және аппараттық құралдардың көмегімен адамның қарап шығуына және тыңдауына арналған есептеуіш жүйенің жадындағы мәліметтер жиынтығы.* **Электрондық микроскоп**. г е о л . *Көріністі үлкейту үшін электрондар шоғы пайдаланылатын аспап.* **Электрондық сауда.** э к о н . *Тұтынушыны дербес компьютерге немесе теледидарға қосылатын арнаулы басқару тетігі арқылы сатушының деректер қорымен кабельдік немесе телефон желісін пайдалануға негізделетін тікелей маркетинг нысандарының бірі.* **Электрондық схема.** и н ф . <ағыл. electronic circuit> а) *Ақпарат өңдеудің кейбір функциясын жүзеге асыратын электрондық сыңарларды байланыстыратын схема.* ә) *Берілген міндетті орындау үшін белгілі бір схема бойынша өткізгіштермен жалғастырылған жартылай өткізгіштік құрылғы.* **Электрондық теория**. ф и з . *Электрлік құбылыстарды көптеген элементарлық электрзарядтары – электрондардың жиынтық нәтижесін зерттейтін теория.* **Электрондық төлем.** и н ф . *«Электронды» деген белгі соғылған кәдуілгі төлем құжатының негізінде толтырылған төлем құжаты.* **Электрондық тіркеу.** и н ф . *Заңды және жеке тұлғаларды тіркейтін электрондық жүйе.*

**ЭЛЕКТРОНИКА** з а т . ф и з . **1.** *Электротехника ғылымының газдар мен ауасыз кеңістіктегі электр құбылыстарын, сондай-ақ электронды қондырғыларды пайдаланудың техникасын зерттейтін саласы.* **2.** т е х . *Электронды құрылғылар, мәшинелер.*

**ЭЛЕКТРОНОГРАФИЯ** [грек. ēlektron – кәріптас, graphō – жазамын] з а т . к е н . *Кристалдары электрондарды өз бойынан оңай өткізетін ұсақ дисперсиялы минералдардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу әдісі.*

**ЭЛЕКТРОСКОП** [грек. ēlektron – кәріптас, skopeō – қараймын, бақылаймын] з а т . т е х . *Дененің электрлену дәрежесін анықтауға арналған аспап.*

**ЭЛЕКТРОСМОС** з а т . х и м . *Сыртқы электр өрісінің әсерінен капиллярлы түтікше қабырғаларының бойымен немесе кеуек денедегі каналдар бетімен электролиттің сұйық фазасының бағытты қозғалуы.*

**ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ** з а т . ***Электрстансы.***

**ЭЛЕКТРОФИЛЬДЕР** з а т . х и м . *Бос орбитальдары бар немесе электрондық тығыздығы төмендеу катиондар мен молекулалар фрагменттері.*

**ЭЛЕКТРОХОД** з а т . *Электр қозғау күшімен жүретін кеме.*

**ЭЛЕКТРӨЛШЕУІШ** з а т . *Электр тогы арқылы жұмыс істейтін өлшеуіш аспап.*

**Электрөлшеуіш компенсатор.** т е х . *Нөлдік өлшеу әдісі арқылы потенциалдар айырмасын анықтайтын өлшеуіш құрал.*

**ЭЛЕКТРӨТКІЗГІШ** з а т . х и м . *Молярлық электрөткізгіштік құрамында еріген заттың 1 молі бар бірлікті қалыңдықты электролит ерітіндісінің жайпақ қабатының электр өткізгіштігі.*

**ЭЛЕКТРӨТКІЗГІШТІК** з а т . т е х . ф и з . *Сыртқы электр өрісінің әсерінен заттардың (таужыныстардың, минералдардың) электр зарядтарын тасымалдау қабілеті.*

**ЭЛЕКТРПЕШ** з а т . т е х . *Токпен қызатын пеш.*

**ЭЛЕКТРСИНТЕЗ** з а т . х и м . *Күрделі химиялық қосылыстарды электролиз арқылы алу әдісі.*

**ЭЛЕКТРСТАНСЫ** з а т . т е х . *Электр қуатын өндіретін орын, құрылғы.*

**ЭЛЕКТРСТАТИКА** [грек. ēlektron – кәріптас, нем. Statos – тұрақты] з а т . ф и з . *Электр өрісі мен қозғалмайтын электр зарядтарының өзара байланысы және соны зерттейтін электр теориясының бөлімі.*

**ЭЛЕКТРСТАТИКАЛЫҚ** с ы н . ф и з . *Электросатикаға қатысты.*

**Электрстатикалық мәшине**. ф и з . *Электр өрісін алатын құрылғы.*

**ЭЛЕКТРСҮЗГІ** з а т . х и м . *Майдалық фазаның бөлшектеріне электр зарядын беріп және одан кейін оларды электр өрісінде тұндырып, газдарды шаң мен тұманнан тазартуға арналған құралғы.*

**ЭЛЕКТРТАЛДАУ** з а т . х и м . *Заттарды электролиз арқылы анықтауға негізделген сандық талдау әдісі, мыс, никель, қорғасын, т.б. анықтауға және заттар қоспаларын бөлуге қолданылады.*

**ЭЛЕКТРТАҢБА** з а т . с п о р т . *Сайыста рапира және семсердің шаншыған нүктесін таңбалайтын аспап.*

**ЭЛЕКТРТАСЫМАЛДАУ** з а т . х и м . *Тұрақты ток өткізгенде электрондық немесе тесіктік өткізгіштікті жүйелер құрауышын бөлу құбылысы.*

**ЭЛЕКТРТЕРМИЯЛЫҚ** с ы н . ф и з . *Электр өрісі мен жылудың өзара байланысы арқылы, соған тән.*

**ЭЛЕКТРТЕРІС: *электртеріс элементтер.*** х и м . *Берілген элементпен салыстырғанда электртерістіліктері жоғарырақ болатын химиялық элементтер.*

**ЭЛЕКТРТЕРІСТІЛІК** з а т . х и м . *Химиялық элемент атомдарының өздері түзген ковалентті байланыстарының полюстену қабілетінің сандық сипаттамасы.*

**ЭЛЕКТРТЕХНИК** з а т . т е х . *Электртехника саласы бойынша маман.*

**ЭЛЕКТРТЕХНИКА** [грек. ēlektron – кәріптас, technikē – шебер] з а т . т е х . *Электр құбылыстары жайындағы, сондай-ақ электр қуатын, белгілі мақсаттарға орай өнеркәсіпте, ауылшаруашылығы мен тұрмыста пайдалануды зерттейтін ғылым.*

**ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ** с ы н . *Электротехникаға қатысты.*

**Электртехникалық шыны.** х и м . *Электротехникада қолданылатын шыны бұйымдар.*

**ЭЛЕКТРУМ** з а т . г е о л . *Түсі сары, күмістей ақ, кварц, барит, кальцит, күміс, қорғасын, т.б. металдардың желілерінде, қорымдарда шоғырланатын, алтын мен күміс алынатын, сап металдар класындағы айнымалы құрамды минерал.*

**ЭЛЕКТРФОН** [грек. ēlektron – кәріптас, phōnē – дыбыс] з а т . т е х . *Пластинкаға жазылған дыбысты қайта есту үшін дауыс зорайтқыш орнатылған аспап.*

**ЭЛЕКТРФОРЕЗ** [грек. ēlektron – кәріптас, phoreō – алып жүру, тасу] з а т . г е о л . *Дисперсиялық ортадағы дисперсиялық фазаға тиесілі бөлшектердің (суспензиялардың, эмульсиялардың, күлдердің) сырттан берілген электр өрісі әсерінен қозғалыстарға ұшырауы.*

**ЭЛЕКТРХИМИЯ** [грек. ēlektron – кәріптас, chimia – химия] з а т . *Физикалық химия ғылымындағы электр тогы мен химиялық процестердің бірбіріне тигізетін әсерін зерттейтін бөлімі.*

**ЭЛЕКТРХИМИЯЛЫҚ** с ы н . *Электрхимияға қатысты.*

**Электрхимиялық белсенділік**. г е о л . *Таужыныстардың зарядтала отырып, өзін кіріктіруші ортада электр өрісін тудыру қасиеті.*

**ЭЛЕКТРШӘЙНЕК** з а т . *Электр тогі арқылы су қайнататын тұрмыстық техника.*

**ЭЛЕКТРШӨКТІРУ** з а т . х и м . *Электролит арқылы тұрақты электр тогы өткенде катод бетіне металдардың электролиттік тұнуы.*

**ЭЛЕКТРЫДЫРАУ** з а т . х и м . *Электролиттер ерітінділері мен балқымаларында, сондай-ақ қатты электролиттерде электродтардағы электр тогының әсерінен жүретін химиялық реакциялар.*

**ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯ** [грек. ēlektron – кәріптас, energeia – әрекет] з а т . *Электр қуаты.*

**ЭЛЕКТРЭНЦЕФАЛОГРАФИЯ** з а т . м е д . *Жүйке талшықтарындағы биологиялық токтарды тіркеуге мүмкіндік туғызатын мидағы биоэлектрлік құбылыстарды зерттеу тәсілі.*

**ЭЛЕМЕНТ** [лат. elementum] з а т . **1**. х и м . *Химиялық жолмен одан әрі бөлшектеуге келмейтін*

*біртекті қарапайым зат.* **2.** кіт. *Бір бүтін нәрсені құраушы жеке бөлшегі.* **3.** қоғ.-әлеум. *Әлеуметтік-сая си тап, топ немесе күштердің жеке өкілі.*

**Элементтер миграциясы.** хим. *Қоршаған ортада табиғат күшінің әсерінен немесе адамдардың шаруашылық әрекеттері нәтижесінде химиялық элементтердің тасымалдануы.* **Элементтер шоғыры.** хим. *Белгілі бірдей қасиеттер тән химиялық элементтер жиынтығы.* **Элементтердің дифференциациясы.** геол. *Табиғи процестерде элементтердің миграциясы мен концентрациясының өзгеруіне байланысты жіктелуі.* **Элементтердің жылыстауы.** геол. *Химиялық элементтердің жер қыртысында және жер бетінде әртүрлі геохимиялық процестер кезінде ауысуы мен қайта бөлінуі.* **Элементтің атрибуттары.** инф. *Файлда сақталатын және кескіннің элементін бейнелеу кезінде бағдарлама пайдаланатын (сызықтың түсі мен қалыңдығы, қаламұштың түрі сияқты) ақпарат.*

**ЭЛЕМЕНТАР** сын. **1.** *Бір нәрсенің негізіне ғана қатысы бар, бастапқы.* **2.** ауыс. *Әркімге белгілі, ең қарапайым.*

**Элементар бөлшек.** физ. *Заттың ең қарапайым деп есептелетін ұсақ бөлігі.* **Элементар геометрия**. матем. *Эвклид негізін салған, орта мектепте өтілетін геометрия туралы бастапқы қарапайым білімдер жүйесі.*

**ЭЛЕМЕНТАРЛЫҚ** сын. сөйл. ***Элементар.***

**ЭЛЕМЕНТОРГАНИКАЛЫҚ: элементорганикалық қосылыстар.** хим. *Құрамына көміртекпен тікелей байланысқан элементтер кіретін (оттек, азот, күкірт және галогендерден басқа) химиялық қосылыстар.*

**ЭЛЕМЕНТТІК** сын. хим. *Элементке тән, элементке қатысты.*

**Элементтік талдау**. хим. *Зерттелетін заттағы химиялық элементтерді сапалық тұрғыдан ашып, сандық тұрғыдан мөлшерін анықтауға бағытталған талдау әдісі.*

**ЭЛЕНИУМ** [лат. elenium] зат. фарм. *Жүйке жүйесіне жайландыратын әсері бар дәрілік препарат.*

**ЭЛЕРОНДАР** [франц. aileron] зат. тех. **1**. *Ұшақтың қанатының артқы бөлігіне орнатылатын қозғалмалы бөлшектер.* **2.** әск. *Қанатты зымыранда қанаттың жалғасы (бөлігі) болып табылатын тетік.*

**ЭЛЕУТЕРОКОКК** зат. **1.** өс. *Аралия тобына жататын Қиыр Шығыста өсетін бұтақты өсімдік түрі.* **2.** мед. *Жайландыратын қасиеті бар, осы өсімдіктен өндірілетін дәрі-дәрмек.*

**ЭЛИЗИЯ** [лат. elisio] зат. лингв. *Сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбысқа аяқталып, оған бірігіп (не тіркесіп) айтылатын сөздің, жалғанатын қосымшаның басқы дыбысы дауысты болған жағдайда қатар тұрған бір дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы.*

**ЭЛИКСИР** [франц. elixir] зат. **1.** көне. миф. *Орта ғасырлардағы алхимиктердің өмірді ұзартады, жастықты сақтайды деп қиялдаған сиқырлы сусыны.* **2.** мед. *Медицинада, косметикада қолдану үшін спирт не қышқылға тұндырылған дәрі-дәрмектік сұйықтық.*

**ЭЛИМИНАЦИЯ** [лат. eliminare] зат. **1.** биол. *Биоценоздардан дарақтардың, популяциялардың және түрлердің биологиялық, экотоптық немесе биоценоздық тұрткіжайттардың әсерінен жойылып кетуі.* **2.** кіт. *Аластату, шеттету, алып тастау.*

**ЭЛИТА** [франц. elite] зат. **1.** қоғ.-саяси. *Қоғамның не оның белгілі бір тобының таңдаулы өкілдері, бетке тұтар қалаулылары.* **2.** ауылшар. *Селекция нәтижесінде алынып, одан әрі көбейтуге арналған мал не өсімдіктің ең жақсы, ең таңдаулы тұқымы (түрі).*

**Элита теориясы**. саяси. *Қоғамның ақсүйек топтарының (элита) ерекше миссиясы мен әлеуметтік, саяси және зияттық белсенділігі мен қалған адамдардың (бұқараның) енжарлығы туралы теориялар.*

**ЭЛЛИНГ** [голл. helling] зат. тех. **1.** *Кеме жасауға арналған жабық ғимарат, сонымен қатар құрылыс доғы (кеметұрақ).* **2.** *Жөнделуге тиісті кемелерді көтеру мен түсіру үшін жабдықталған қондырғы.* **3.** *Дирижабльдерді жөндеу мен сақтауға арналған арнайы ғимарат.*

**ЭЛЛИПС** [грек. elleipsis] зат. матем. *Дөңгелек конустың бір жақ қуысының басқа бір жазықтықпен қиылысу сызығы.*

**ЭЛЛИПСИС** [грек. elleipsis] зат. лингв. *Сөйлеу үстінде түсіріліп айтылатын, бірақ мәтін арқылы қалпына келтіруге болатын элемент.*

**ЭЛЛИПСОИД** [грек. elleipsis – түсіп қалу, eidos – түр] зат. мат. *Эллипстің өз өсі бойынша айналуынан шығатын геометриялық фигура.*

**ЭЛЛИПСТІ** сын. *Эллипсі бар, эллипске тән болған.*

**ЭЛЛИПСТІК** сын. кіт. *Эллипс сияқты, эллипске тән.*

**Эллипстік сөйлем**. лингв. *Сөйлемде түсіп қалған мүшенің қандай екені белгілі болып тұратын және оны анықтау, орнына келтіру қажет етілмейтін сөйлем.*

**ЭЛОДЕЯ** [лат. elodea] зат. өс. *Сабағы да, жапырақтары да жасыл түсті, өте тез өсетін жарықсүйгіш су өсімдігі..*

**ЭЛЬБОР** зат. хим. *Боразоп негізіндегі аса қатты композициялық материал.*

**ЭЛЮАТ** зат. хим. *Элюентте таралған және хроматография әдісімен зерттелетін зат немесе заттар қоспасы.*

**ЭЛЮВИЙ** [лат. eluere] зат. геол. *Тау жыныстарының бастапқы түзілу орнында қалған қалдықтары.*

**ЭЛЮВИЙЛІК** сын. геол. *Элювийі бар.*

**ЭЛЮЕНТ** зат. хим. *Хроматографиялық талдауда сорбентпен салыстырғанда қозғалыста болатын газ тәрізді немесе сұйық фаза.*

**ЭЛЮЦИЯ** зат. хим. *Сорбентпен адсорбцияланған немесе оның құрам бөлігі болатын құрауыштарды еріткішпен өңдеу жолымен кетіру.*

**ЭМАЛЬ** [франц. email] зат. тех. **1.** *Бұйымның бетіне электрохимиялық тәсілмен жалатылатын берік шыны қабат.* **2.** анат. *Тістің сыртқы қатты қабығы.*

**ЭМАЛЬДА=** ет. *Бұйымдардың бетіне электрохимиялық тәсілмен берік шыны қабат жалату.*

**ЭМАЛЬДАН=** ет. *Шыны қабат жалатылу.*

**ЭМАЛЬДАНУ** *Эмальдан етістігінің қимыл атауы.*

**ЭМАЛЬДАР** зат. хим. **1.** *Бұйым бетіне жұқа қабатпен қондырылатын бейорганикалық шыны тәрізді қаптаулар.* **2.** *Лактағы пигменттер суспензиясы түріндегі ЛБЖ (кейде толықтырғыштар) .*

**ЭМАЛЬДАТ=** ет. *Эмаль жалатқызу.*

**ЭМАЛЬДАТУ** *Эмальдат етістігінің қимыл атауы.*

**ЭМАЛЬДАУ** *Эмальда етістігінің қимыл атауы.*

**ЭМАНАЦИЯ** [лат. emanatio] зат. геол. *Радиоактивті тізбектердің газ күйінде табиғи өнімдер бөліп шығу үдерісі.*

**ЭМАНОМЕТР** зат. геол. *Эманациялардың (радон мен торонның) ауа құрамындағы концентрациясын анықтауға арналған аспап.*

**ЭМАНСИПАЦИЯ** [лат. emancipatio] зат. кіт. *Қандай да болмасын кіріптарлықтан, шектеуден, бағыныштылықтан азат болуы.*

**ЭМБАРГО** [исп.embargo] зат. экон. *Сырттан елге алтын немесе шетел валютасын, жеке тауар түрлерін, мысалы, қару-жарақты әкелуге және оны сыртқа шығаруға, немесе басқа шет мемлекеттің мүлкін пайдалануға мемлекет тарапынан салынған тыйым.*

**ЭМБЛЕМА** [грек. emblema] зат. кіт. ***Танымбел*** *(зат немесе әлдеқандай заттың бейнесі, сондай-ақ белгілі бір идеяны білдіретін шартты белгі, символ).*

**ЭМБОЛИЯ** [грек. emballo] зат. мед. *Қан мен лимфа ағысы барысында әлдеқандай түйіршіктердің (үзілген тромб, тін бөлшектері, ауа және т.б.) тамырды бітеуі.*

**ЭМБОССИНГ** [ағыл. embossing] зат. экон. *Пластикалық карточкаға нөмірін, иесінің аты жөнін не компанияның логотипін механикалық әдіспен басып түсіру.*

**ЭМБОССИРЛЕУ** [ағыл. embosser] зат. экон. *Бедерлі белгілер салу жолымен төлем картасындағы сәйкестендірме ақпаратты қолмен басып шығару ісі.*

**ЭМБРИОГЕНЕЗ** [грек. embryon – ұрық, genesis – шығу тегі] зат. биол. *Ұрықтанғаннан бастап жұмыртқадан жарып шыққанға немесе туғанға дейінгі ұрықтың (эмбрион) даму мерзімі.*

**ЭМБРИОЛОГ** зат. биол. *Эмбриология ғылымының маманы.*

**ЭМБРИОЛОГИЯ** [грек. embryon – ұрық, logos – ілім] зат. биол. *Ұрықтың және бүкіл организмнің жеке дамуын зерттейтін биология ғылымының тарауы.*

**ЭМБРИОН** [грек. embryon] зат. биол. *Жанжануар мен адам ағзасының бастапқы даму кезеңі.*

**ЭМБРИОНДЫҚ** сын. биол. *Эмбрионға қатысты.*

**Эмбриондық ұлпа**. биол. <textus embryonalis, лат. textus – ұлпа, грек. embryon – ұрық> *Гаструляция кезінде аралық ұрық жапырақшасы – мезодермадан түзілетін ұрықтық дәнекер ұлпасы (мезенхима).*

**ЭМИГРАНТ** [лат.emigrans] зат. *Өз Отанынан басқа елге өз еркімен немесе күштеп қоныс аударған, эмиграцияда жүрген адам.*

**ЭМИГРАЦИЯ** [лат.emigrare] зат. саяси. *Саяси не экономикалық, тағы басқа себептермен өз Отанынан басқа мемлекетке ерікті түрде немесе шарасыздан қоныс аудару ісі.*

**ЭМИГРАЦИЯЛЫҚ** сын. саяси. *Эмиграцияға қатысты.*

**ЭМИКАЛЫҚ** сын. лингв. *Тіл материалының физикалық қасиеттерін семантикалық деңгейде ажырату қабілетіне ие құбылыс.*

**ЭМИССАР** [лат. emmissarius] зат. саяси. *Саяси құпия тапсырмамен басқа елге жіберілетін адам.*

**ЭМИССИЯ**[1] [лат. emissio] зат. қаржы. *Бағалы қағаздар мен қағаз ақшалар шығару ісі.*

**Эмиссия бағасы**. экон. *Жаңа акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығарылатын баға.* **Эмиссияны шектеу**. экон. *Банкнот эмиссиясын реттеу мақсатымен оны заңды түрде шектеу.*

**ЭМИССИЯ**[2] [лат. emissio] зат. физ. *Қыздырудың ықпалымен, электр аясы мен өзге де себептерден қатты және сұйық денелердің фотондар, электрондар мен иондарды бөлуі, сәуле шығаруы .*

**ЭМИССИЯЛЫҚ** сын. қаржы. *Эмиссияға қатысты.*

**Эмиссиялық банк**. қаржы. *Банк билеттерін (банкнот) шығарудың монополиялық құқығы берілген банк.* **Эмиссиялық директива.** қаржы. *Ақшаны айналысқа шығарудың белгіленген тәртіппен айқындалған шекті мөлшері.* **Эмиссиялық жүйе.** қаржы. *Ақша белгілерін айналысқа шығарудың заң жүзінде белгіленген тәртібі; ақша жүйесінің құрамдас бөлігі.* **Эмиссиялық консорциум.** экон. *Андеррайтерлердің эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған бірлестігі.* **Эмиссиялық құқық.** қаржы. а) *Ақша шығару тәртібін айқындайтын құқықтық нормалардың жиынтығы, эмиссиялық жүйенің құқықтық тетігі.* ә) *Ақша белгілерін айналысқа шығарудың белгілі бір кезеңге арналып белгіленген шектік мөлшері.* **Эмиссиялық операциялар.** қаржы. *Банктердің, қазына орындарының, акционерлік қоғамдардың, басқа да осындай мекемелердің ақшаны айналысқа шығару және бағалы қағаздар шығару жөніндегі қызметі.***Эмиссиялық пайда.** қаржы. *Бағалы қағаздарды (акцияларды, облигацияларды) таратудан алынатын пайда; оны ірі банктер, басқа да несиеқаржы мекемелері*

*бағалы қағаздарды шығарушылар мен оларды сатып алушылар арасында делдалдық жасау нәтижесінде алады; қаржы олигархиясының баю нысандарының бірі.* **Эмиссиялық рұқсат.** қаржы. *Банк мекемесіне ақша билеттері мен металл теңгелердің резервтегі қорлары есебінен айналым кассасын нақты ақшамен қосымша нығайту құқығын беретін құжат.* **Эмиссиялық сальдо.** қаржы. *Банктің белгілі бір кезеңде ақша шығару және оны айналыстан алу жөніндегі операцияларының нәтижесі).* **Эмиссиялық салық.** қаржы. а) *Алтын стандарты жағдайында банк билеттерінің алтынмен өтелмеген, белгіленген лимиттен асып түскен эмиссиясына салынған салық.* ә) *Ақшаның шектен тыс шығарылуы салдарынан оның құнсыздануы себепті халық көтеретін шығын.* **Эмиссиялық синдикат.** қаржы. *Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қатысушылардың бірлестігі.* **Эмиссиялық спектрлік талдау**. хим. *Зерттелетін үлгінің шығару спектрлеріне негізделген элементтік спектрлік талдау әдісі.* **Эмиссиялық тәртіп.** қаржы. *Ақшаны айналысқа шығару және оны айналыстан алу жөніндегі операцияларды жүргізу және есепке алу ережелерін банк мекемелерінің сақтауы.* **Эмиссиялық шығасы.** қаржы. *Ақшаны шектен тыс көп шығару салдарынан еңбекші бұқара шегетін шығасы.*

**ЭМИТЕНТ** [лат. emittere] зат. қаржы. *Эмиссия жүргізетін мекеме немесе кәсіпорын.*

**ЭМОТИВТІК** сын. лингв. *Сезімді, көңіл күйін, әсерленуді, ренжуді білдіретін.*

**ЭМОЦИОНАЛДЫ** сын. *Тез әсерленетін сезім әрекетінен туатын, соны білдіретін.*

**Эмоционалды лексика**. лингв. *Тілдік құралдар эмоционалдық бояуға ие болған сөздер.*

**ЭМОЦИОНАЛДЫҚ** сын. *Адамның көңіл күй, сезім, өз қатынасын білдіретін.*

**ЭМОЦИЯ** [франц. emotion] зат. **1.** психол. *Адамның не жан-жануарлардың ішкі және сыртқы тітіргендіргіштерге қуаныш, қорқыныш, риза болу, ренжу түріндегі көрініс табатын субъективті реакциясы.* **2.** *Адам жан дүниесіндегі күйініш-сүйініш сезімі.*

**Эмоциялар қосарластығы**. пед. *Бірін-бірі итермелеуші эмоциялық кемелденген екі бағдар. Олардың біреуі ұғынымсыздыққа қарай ығыстырылып, индивид мінез-құлқына санадан тыс әсер етеді.*

**ЭМОЦИЯЛЫҚ** сын. *Сезімдік, эмоцияға қатысты.*

**Эмоциялық ес.** психол. *Әртүрлі көңіл күй қозғалысы, өзгерісін санада сақтап, қайта жаңғыртуға жауап беретін жүйке жүйесінің қызметі.*

**ЭМОЦИЯЛЫЛЫҚ** зат. психол.-пед. *Адамның эмоциялары мен сезімдерінің мазмұнын, сапасы мен динамикасын сипаттайтын қасиеттері.*

**Эмоциялық екпін.** лингв. *Жан дүниесіне, сезімге әсер ету үшін эмоциялық жүк арқалаған сөзге түсірілетін дауыс күші немесе әуен өзгерісі.*

**ЭМПАТИЯ** [лат. empatheia] зат. психол. *Сезімнің адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекшелігі.*

**ЭМПИЕМА** [грек.empyema] зат. вет. *Іріңтолы қуыс, қабыну салдарынан белгілі бір анатомиялық қуыстың (плевра, буын қуыстарының) не қуыс органының (жатырдың, өт қабының) іріңге толуы.*

**ЭМПИРИЗМ** [грек.empeiria] зат. филос. *Дүниетанудың бірден-бір көзі – түйсіну және тәжірибе деп біліп, жеке фактілер мен құбылыстарды зерттегенде теориялық топшылауларға мән бермейтін, олардың өзара байланысы мен даму заңдарын теріс түсіндіретін философиялық ілім.*

**ЭМПИРИК** зат. *Эмпиризмнің жолын қуушы.*

**ЭМПИРИКАЛЫҚ** сын. *Эмпиризмге қатысты.*

**ЭМПИРИОКРИТИК** зат. филос. *Эмпириокритицизмнің жолын қуушы.*

**ЭМПИРИОКРИТИЦИЗМ** [грек. empeiria – тәжірибе, kritike – талдау өнері] зат. филос. **1.** *Материалдық дүниенің объективті түрде өмір сүретіндігін мойындамай, оны тек санамен, түйсікпен ғана байланысты құбылыс деп танитын, материализмге қарсы субъективті идеалистік философиялық ағым.* **2.** кіт. *Фактілерді сипаттау барысында теориялық тұжырым жасамауға негізделген зерттеу әдісі.*

**ЭМПИРИЯ** [грек. empeiria] зат. кіт. **1**. *Сыртқы дүниені сезіну органдары ғана қабылдау, адами тәжірибе.* **2.** *Эксперименттен айырмасы – табиғи жағдайда байқау.*

**ЭМПИРИЯЛЫҚ** сын. *Эмпирияға қатысты соған тән.*

**Эмпириялық заң.** филос. *Заттардың, құбылыстардың бақылауға болатын байланыстарының мәнін түсіндіретін заң.*

**ЭМУ** [португ. ema] зат. зоол. *Аустралиялық түйеқұс.*

**ЭМУЛЬГАТОР** зат. хим. *Эмульсиялар алуды жеңілдететін заттар (сабындар, ақуыздар, көмірсулар және т.б).*

**ЭМУЛЬГИРЛЕН=** ет. хим. *Эмульсияға айналған.*

**ЭМУЛЬГИРЛЕНУ** хим. *Эмульгирлен етістігінің қимыл атауы.*

**ЭМУЛЬСИЯ** [лат. emulgere] зат. **1.** хим. *Өзге бір сұйықтықтың ерімейтін тамшылары қосылған сұйық зат.* **2.** физ. *Фотопластинкалар мен фотоқағаздардың жарық сәуледен тез құбылғыш қабаты.*

**ЭМУЛЬСИЯЛЫҚ** сын. хим. *Эмульсияға қатысты.*

**Эмульсиялық бояулар.** хим. *Қабырғаларды, көлік құралдарын, теріні, жиhаздарды бояуға арналған ауа өткізбейтін қабат жасайтын бояулар.*

**ЭМУЛЬСОР** зат. тех. *Сүт эмульсияларын дайындауға арналған құрылғы.*

**ЭМУЛЯТОР** [ағыл. emulator] зат. инф. *Компьютердің немесе электрондық қондырғының басқа бір құрылғы жұмысын бейнелеп көрсетуіне арналған аппараттық-программалық құралдар.*

**ЭМУЛЯЦИЯ** [ағыл. emulation] зат. **1.** кіт. *Бәсекелесу, бір-бірінен асып түсу ниеті.* **2.** инф. *Бір компьютердің жұмысын екінші бір компьютерде бейнелеп елестете алатын бағдарлама.*

**ЭМФАЗА** [грек. emphasis] зат. **1.** әдеб. *Сөздің ерекше әсермен күшырлана сөйленуінің тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы атауы.* **2.** лингв. *Сөйлегенде кейбір жекелеген дыбыстарды қиындықпен айтудың тіл біліміндегі атауы.*

**ЭМФАТИКАЛЫҚ: эмфатикалық сөз.** лингв. *Көтеріңкі дауыспен мәнерлеп айтылған сөз.*

**ЭМФИЗЕМА** [грек. emphysema] зат. мед. *Ішкі ағзаның ауаның шектен тыс жиналуы салдарынан өз қалпынан үлкейіп кету ауруы.*

**ЭМФИТЕВЗИС** [лат. emphyteusis] зат. экон. *Бірқатар елдердің құқығына бөгденің жерін мұрагерлікпен ұзақ мерзімге пайдаланудың ерекше түрі.*

**ЭНАНТ** зат. хим. *Синтездік талшық; қызуға төзімді зат.*

**ЭНАНТИОМЕРЛЕР** зат. хим. *Молекулалары бір-біріне өзінің айнадағы бейнесіне симметриясыз болатын кеңістіктік изомерлер.*

**ЭНАНТИОТРОПИЯ** зат. хим. *Жағдайға байланысты тіке және кері бағыттарда жүретін екі полиморфты түр өзгерістерінің өздігінен бірбіріне айналуы.*

**ЭНДЕМИЗМ** [грек. endemos] зат. экол. **1.** *Ағзалардың тар шектеулі географиялық ауданда таралуы.* **2.** *Флора мен фаунаның кейбір құраушыларының басқа ұқсас аймақтарда кездеспейтін, тек белгілі бір аумақта немесе акваторияда (мысалы, аралда, көлде, географиялық өңірде, өсімдік формациясында) таралуға бейімділігінің сипаттамасы.*

**ЭНДЕМИКТЕР** [грек. endemos] зат. биол. *Көлемі шағын аймақта таралған жануарлар не өсімдіктер.*

**ЭНДЕМИЯ** [грек. endemos] зат. биол. *Жергілікті табиғат ерекшелігі мен тұрғындар өмірі салтына байланысты сол жерде белгілі бір ауру түрінің үнемі болуы.*

**ЭНДЕМИЯЛЫҚ** сын. мед. *Жергілікті табиғат ерекшеліктері мен өмір салтына қатысты туындаған аурумен байланысты.*

**ЭНДО...** [грек. endon] кіт. *Ішкі, іштегі мағынасына қатысты күрделі сөздердің бірінші бөлімі.*

**ЭНДОАЛЛЕРГЕНДЕР** зат. мед. *Ағзада дамитын, ағзаның өзгерген өзіндік ақуыздары.*

**ЭНДОБИОСФЕРА** зат. экол. *Ғарыштық дененің бетінде емес, тереңінде (бетінде болмағандай жағдайда) түзілетін теориялық тұрғыдан мүмкін биосфералық кешен (ағзалар мен олардың тіршілігі үшін жарамды, олар өзгертіп алған ортаның қосындысы).*

**ЭНДОГАМИЯ** [грек. endon – ішкі, gamos – неке] зат. әлеум. *Ежелгі алғаш қоғам дәуірінде белгілі бір қоғамдық топтың ішіндегі некелік байланыс; некелік серігін таңдаудағы шектеу.*

**ЭНДОГАМИЯЛЫҚ** сын. әлеум. *Эндогамияға қатысты.*

**Эндогамиялық неке.** әлеум. *Неке түрі қазақ халқының субэтникалық топтары болып есептелінетін қожалар мен төрелерде некелесудің эндогамиялық, өз ішінде ғана қыз алысатын түрі сақталған.*

**ЭНДОГЕНДІ** [грек. endon – ішкі, genes – туатын, туылған] сын. кіт. **1.** *Бір нәрсенің ішінде ішкі себептер арқасында пайда болатын, әрекет ететін (экзогендіге қарама-қарсы).* **2.** мед. *Ағзаның ішкі ортасында болатын себептерден туындайтын.* **3.** геол. *Жер қабатында және Жердің ішкі өзгерістеріне байланысты болатын.*

**Эндогенді процестер.** экол. *Жердің ішкі күштеріне байланысты жүретін геологиялық процестер.* **Эндогенді ырғақтар.** экол. *Тіршілік иелерінің барлық түрлеріне тән қабілеттер, яғни өсімдіктер мен жануарлардың уақытты өлшейтін қабілеттілігі (биологиялық сағаттар)*

**ЭНДОГЕНДІК** сын. кіт. *Әсер етуші энергияның ішкі түріне қатысты.*

**Эндогендік процестер.** <грек. endon – ішкі, genos – тегі деген сөздерінен шыққан> геогр. *Жердің ішкі күштері салдарынан туатын геологиялық процестер.*

**ЭНДОКАРДИТ** [грек. endocarditis] зат. мед. *Кейбір жұқпалы аурулар қоздырғыштарының жүрек клапандарын жарақаттауынан болатын жүректің ішкі қабығының қабынуы.*

**ЭНДОКРИНДІ** [грек. endon – ішкі, krino – бөлемін] сын. *Ішкі секреция бездерімен байланысты.*

**Эндокринді бездер.** биол. <glandula endocrinae, лат. glandula – без, грек. endon – ішкі, krino – бөлу> *Ағзаның сұйық ішкі ортасына (қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы) инкреттерін (гормондарын) бөлетін бездер.*

**ЭНДОКРИНОЛОГ** зат. *Эндокринология саласы ғылымының маманы, осы саланың емдеуші дәрігері.*

**ЭНДОКРИНОЛОГИЯ** [грек. endon – ішкі, krino – бөлемін, logos – ілім] зат. физиол. *Ішкі секреция бездерінің құрылым ерекшелігімен қызметін, сондай-ақ қызметінің бұзылуы салдарынан болатын ауруларды зерттейтін ғылым.*

**ЭНДОКРИНОЦИТТЕР** [endocrinocyti, грек. endon – ішкі, krino – бөлу, kytos – жасуша] зат. биол. *Биологиялық белсенді заттар – гормондарды адам мен жануарлар ағзасының ішкі сұйық ортасына (қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы) бөліп шығаратын безді жасушалар.*

**ЭНДОМЕТРИТ**[1] [грек. endolon – ішкі, metra – жатыр] зат. **1.** мед. *Жатырдың кілегей қабығының қабынуы, жұқпалы және инвазиялық ауру-*

*лардың салдарынан іш тастау, шу түспеу секілді аурулардың негізгі себептерінің бірі.* **2.** з а т. *Мал жатырының сілекейлі қабығының қабынуы.*

**ЭНДОМИЗИЙ** [endomysium, грек. endon – ішкі, mys – бұлшық ет] з а т. б и о л. *Ет ұлпасы жасушалары (миоциттер) мен талшықтары (симпластар) аралығында орналасып, оларды бір-бірімен байланыстырып, біртұтас етіп, ішкі мүшелер мен тамырлар қабырғаларындағы етті қабаттар мен қаңқа бұлшық еттер будаларын түзетін талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасының жұқа қабаты.*

**ЭНДОНЕВРИЙ** [грек.endon – ішкі, neuron – нерв] з а т. а н а т. *Жүйке талшығын қаптаған жұп-жұқа борпылдақ дәнекер тін.*

**ЭНДООСМОС** [грек. endon – ішкі, ōsmos – түрткі, қысым] з а т. э к о л. *Заттектердің сыртқы ортадан жасушалардың ішіне диффузияның әсерімен өтуі.*

**ЭНДОПАРАЗИТ** [грек. endon – ішкі, parasitos – арамтамақ] з а т. э к о л. *Өсімдіктер мен жануарлардың әртүрлі мүшелерінде және ұлпаларында паразиттік тіршілік ететін вирустар, бактериялар, көптеген саңырауқұлақтар, қарапайымдар және гельминттер.*

**ЭНДОПЛАЗМАЛЫҚ: эндоплазмалық тор.** б и о л. *Жасуша органоиды.*

**ЭНДОПОДИТ** [грек. endon – ішкі, poda – аяқ] з а т. б и о л. *Шаянтектестердің бунақталған қос тармақты аяғының ішкі тармағы.*

**ЭНДОСКОП** з а т. м е д. *Ішкі тығыз ағзаларды зерттейтін, оптикалық жүйесі мен жарық түсіргіш құралмен қамтамасыз етілген түтікше түріндегі медициналық құрал.*

**ЭНДОСКОПИЯ** [грек. endon – ішкі, skopeo – қараймын] з а т. м е д. *Ішкі қуыс ағзалар мен тығыз түтікті құрылымдарды эндоскоп арқылы зерттеу әдісі.*

**ЭНДОСПОРАЛАР** [грек. endon – ішкі, sporos – спора, тұқым] з а т. б и о л. *Жарық сәулесін күшті сындыратын цитоплазмалық денешіктер.*

**ЭНДОТЕЛИЙ** [грек. endon – ішкі, thele – кеуделік, емізікше] з а т. б и о л. *Жүректің, қан, лимфа тамырларының ішкі бетін астарлап, қан және лимфамен тікелей жанасатын жұқа қабық.*

**ЭНДОТЕРМИЯЛЫҚ** с ы н. х и м. <грек. endon – ішкі, therme – ыстық, жылу> *Жылылықты жұтатындыққа байланысты.*

**Эндотермиялық реакция**. х и м. *Энергия сіңіре жүретін химиялық реакциялар.*

**ЭНДОТОКСИНДЕР** [грек. endon – ішкі, toxikon – у] з а т. б и о л. *Бактериялар жасушаларымен, соматикалық антиденелермен тығыз байланысты уытты заттар.*

**ЭНДОФАЗИЯ** з а т. **1.** *Іштей сөйлеу.* **2.** *Дыбыс шығармай, ерінмен, тілмен және жақпен қимылдап ымдау.*

**ЭНДОЦИТОЗ** [endocytosis, грек. endon – ішкі, kytos – жасуша] з а т. б и о л. *Жасушаға қоректік заттардың плазмолемма арқылы өту процесі.*

**ЭНДШПИЛЬ** [нем. End(e) – соңы, Spiel – ойын] з а т. с п о р т. *Шахмат ойынының соңғы шешуші кезеңі.*

**ЭНЕОЛИТ** [лат. aeneus – мыс, lithos – тас.] з а т. а р х е о л. *Тас дәуірінен қола дәуіріне өту кезеңі, мыс өтпелі дәуірі.*

**Энеолит дәуірі**. а р х е о л. *Адамзат мәдениеті дамуының неолит пен қола дәуірлері аралығындағы сатысы.*

**ЭНЕРГЕТИК** з а т. *Энергетика саласының маманы.*

**ЭНЕРГЕТИКА** з а т. **1.** *Қуат көздерінің қасиеттерін зерттейтін физиканың бір бөлімі.* **2.** *Түрлі қуат күшін өндіру мен оны пайдаланудың жолдарын қарастыратын техниканың саласы.*

**ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ** с ы н. *Энергетикаға қатысты, энергияның барлық түрін алу мен қолдануға қатысты.*

**Энергетикалық дағдарыс.** э к о л. *Халықтың шаруашылық және тұрмыстық қажеттерін қанағаттандыру үшін энергия негіздерінің жетіспеуі.*

**Энергетикалық деңгей.** х и м. *Атом құрамындағы электрондардың жалпы энергиясын, соған сай кванттық қабаттың нөмірін беретін ұғым.* **Энергетикалық деңгейше.** х и м. *Атом құрамындағы электрондардың бір деңгейдегі әртүрлі орбитальдарға орналасуын анықтайтын ұғым.* **Энергетикалық тізбек.** э к о л. *Биоценоздағы қоректік тізбек, яғни күн энергиясының бір жүйелік ізбен продуценттерден барлық басқа буындарға беріліп отыруы.*

**ЭНЕРГИЯ** [грек.energeia] з а т. **1.** ф и з. *Материяның басты қасиеттірінің бірі – оның қозғалысының сандық өлшемі (түрлі формасы бар: механикалық, жылулық, электромагниетті, ядролық және т.б.).* **2.** *Әлдеқандай дене, заттың әлдеқандай жұмыс атқаратын мүмкіндігі немесе жұмыс істей алатын, өндіре алатын күштің көзі болатын мүмкіндігі.*

**Энергияның сақталу заңы.** ф и з. *Кез келген тұйықталған жүйеде өтетін процестің энергиясы жоғалмайтынын (сақталатынын) және оның тек қана бір түрден екінші түрге айналатынын тұжырымдайтын заң.*

**ЭНЕРГОТИІМДІЛІК** з а т. к і т. *Қандайда бір зат, дененің жұмыс атқаратын мүмкіндігін шығынын азайтып барынша көп пайдамен тұтынушылық.*

**ЭНЗИМДЕР** [грек. en – ішінде, zyme – ашытқы] з а т. б и о л. ***Ферменттер***.

**ЭНЗИМОЛОГИЯ** [грек. en – ішінде, zyme – ашытқы, logos – ілім] з а т. б и о л. *Ферменттерді және олар катализдейтін реакцияларды зерттейтін биохимияның бір саласы.*

**ЭНЗООТИЯ** [грек. en – ішінде, zōon – жануар] з а т. з о о л. *Нақты бір жермен байланысты малдың жұқпалы ауруы.*

**ЭНКЛИТИКА** [грек. enklitike] з а т. л и н г в. *Ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы өз екпінін жоғалтып, екпін түсетін сөзге жапсарлас айтылатын сөз. Мысалы: сап-сары, түп-тура, аса биік, тым жақсы .*

**ЭНКОМЬЕНДЕРО** [исп. encomienda] з а т. т а р. *XVI–XVIII г. Американың испаниялық отарларындағы байырғы тұрғындар – үнділерді қанаудың жүйесі.*

**ЭНТЕРАЛЬГИЯ** [грек. enteralgia: enteron – ішек, algos — ауыру] з а т. в е т. *Шаншу, ішек түйілу салдарынан малға өлі тию.*

**ЭНТЕРИТ** [грек. enteron] з а т. м е д. *Ашішектің кілегейлі қабығының қабынуы, әдетте гастроэнтерит (қарын-ішек қабынуы), энтероколит (ашішек – тоқішек қабынуы) ретінде өтетін дерт.*

**ЭНТЕРОВИРУСТАР** з а т. б и о л. *Пикорна-вирустар тұқымдастығына жататын қарапайым, сыртқы қабықшасы жоқ, геномы бір жіпшелі, сызықшалы РНҚ-нан тұратын өте ұсақ, шамасы 20–30 нм, пішіндері текше тәрізді вирустар.*

**ЭНТЕРОЛИТТЕР** з а т. м е д. *Ішек түтігінде бос жатқан, әдетте минерал заттардан түзілген, үлкенді-кішілі (тары түйіріндей не диаметрі 30-35 см, салмағы I-II кг) тастар.*

**ЭНТЕРОЦЕНТЕЗ** [грек. enterocentesis: enteron – ішек, kentesis – тесу] з а т. м е д. *Ішегін газ кернеп өлі тиген жылқыға (қашырға) жасалатын операция, ішек тесу.*

**ЭНТОМОЗЫ** [грек. entomon] з а т. м а л д ә р. *Мал мен адамның насекомдар (қосқанаттылар, бит-бүргелер, кандала, т.б.) тудыратын аурулары (маллофагоздар, ірі қара гиподерматоздары, жылқы гастрофилездері, жылқы ринэстроздары, құмыр, пысқырық).*

**ЭНТОМОЛОГ** з а т. к і т. *Энтомология ғылымының маманы.*

**ЭНТОМОЛОГИЯ** [грек. entomon – жәндіктер, logos – ғылым] з а т. б и о л. *Зоология ғылымының құрт-құмырсқаларды зерттейтін бөлімі.*

**ЭНТОМОФАУНА** з а т. б и о л. *Жәндіктердің барлық түрлерінің жиынтығы.*

**ЭНТОФАГ** з а т. б и о л. *Бунақденелермен қоректенетін ағзалар.*

**ЭНТРОПИЯ** [грек. en – ішкі, thrope – бұрылыс, құбылыс] з а т. к і т. *Соңы қандай болатыны беймәлім жағдаят, белгісіздік.*

**ЭНТУЗИАЗМ** [грек. enthusiasmos] з а т. п с и х о л. *Жұмысқа, еңбекке, жалпы бір нәрсеге құлшына кірісіп, асқан ынта-жігер көрсетушілік, сондай істің бастамашысы болушылық.*

**ЭНТУЗИАСТ** [грек. enthusiastēs] з а т. к і т. *Өз ісіне жан-тәнімен берілген, құлшына еңбек ететін адам.*

**ЭНЦЕФАЛИТ** [грек. enkephalos] з а т. м е д. *Мидың жұқпалы қоздырғыш түсуінен, зақымдану салдарынан қабынып ауруы.*

**ЭНЦИКЛОПЕДИЗМ** [франц. encyclopedisme] з а т. к і т. *Білімнің әр саласынан жан-жақты хабардар болушылық.*

**ЭНЦИКЛОПЕДИСТ** [франц. encyclopediste] з а т. к і т. *Білімнің барлық саласынан жан-жақты хабардар, әр тарапты мағлұматы бар адам.*

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯ** [франц. encyclopedie] з а т. **1.** *Білімнің барлық саласынан, не оның бір жеке тарауынан мол мәлімет беретін сөздік түріндегі ғылыми-анықтама кітап.* **2.** *Өмір құбылыстарының әртүрлі салаларының белгілі бір жүйеге келтірілген көрінісі.*

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ** с ы н. к і т. *Білімнің барлық саласына қатысты, мол мәлімет беретін.*

**Энциклопедиялық сөздік**. *Анықтама, құрал ретінде ғылыми жүйемен жасалатын күрделі сөздіктердің бірі.*

**ЭНЦТЕР** з а т. э т н о н. *Ресейдің Таймыр түбегін мекендейтін сан жағынан аз тұрғылықты тұрғындарының аты; осы халық өкілдері.*

**ЭНШТЕЙНИЙ** з а т. х и м. *Радиоактивті химиялық элемент, таңбасы Es (Einsteinium), атомдық массасы 254, реттік нөмірі 99, +2, +3 тотығу дәрежелері бар; жай зат.*

**ЭОЗИН** [грек. ēōs] з а т. х и м. *Оксиксантенді бояғыштар.*

**ЭОЗИНОПЕНИЯ** з а т. м е д. *Қанда эозинофил лейкоциттер санының азайып кетуі.*

**ЭОЗИНОФИЛДЕР** [грек. ēōs – арай, phileo – сүйіспеншілік] з а т. б и о л. *Жасуша цитоплазмасында қышқылдық бояулармен ашық қызыл түске боялған ірі түйіршіктері болатын лейкоциттер.*

**ЭОЗИНОФИЛИЯ** з а т. м е д. *Қанда эозинофил лейкоциттер санының көбейіп кетуі,фасциолез, эхинококкоз, финноз, кокцидиоз, алаөкпе т. б. аурулардың бір белгісі.*

**ЭОЛДЫҚ** с ы н. г е о л. *Жел әрекеттеріне байланысты өтетін геологиялық процестер.*

**Эолдық құбылыстар.** г е о г р. *Желдің әрекетінен пайда болатын құбылыстар.*

**ЭОЛИТ** [грек. ēōs – арай, lithos – тас] з а т. а р х е о л. **1.** *Тас дәуірінің ең көне кезеңінің ескі атауы.* **2.** *Адамның қатысуынсыз табиғи күштер арқасында қыры өткірленген кесек тас (кремний).*

**ЭОН** [грек. aion] з а т. г е о л. *Халықаралық дәрежеде келісілген бірегей жержылнамалық шкаланың ең ірі (иерархиялық бағыныштылық тұрғысынан) бірінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі, бірнеше дәуірді біріктіретін жержылнамалық бірлік.*

**ЭОНОТЕМА** з а т. г е о л. *Халықаралық дәрежеде келісілген бірегей жержылнамалық шкаланың ең ірі (иерархиялық бағыныштылық тұрғысынан) бірінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі болып табылатын эонның стратиграфиялық баламасы.*

**ЭПЕЙРОГЕНЕЗ** [грек. epeiros – құрлық, құрғақ жер, genes – пайда болу, даму] з а т. г е о л. *Жер қабатының ғасырлар бойы ақырын көтерілуі мен төмен түсуі.*

**ЭПЕНТЕЗА** [грек. epenthesis] з а т. л и н г в. *Фонетикалық, морфологиялық өзгерістердің әсерімен сөз ішінде дыбыс қосылып айтылуы.*

**ЭПИБЕНТОС** [грек. epi – үстінде, benthos – тереңдік] з а т. э к о л. *Су түбіндегі жердің*

*қатты қабатында немесе бетінде тіршілік ететін бентосты ағзалар.*

**ЭПИГЕНЕЗ** зат. геол. *Минералдар мен таужыныстардың (пайдалы қазбаларды қоса есептегенде) жаралуынан кейінгі әртүрлі табиғи (екіншілік) өзгерістері.*

**ЭПИГЕНЕЗДІК** сын. геол. *Эпигенезге қатысты.*

**ЭПИГРАММА** [грек. epigramma] зат. әдеб. **1.** *Біреу не бір нәрсе жайында мысқылдап жазылған көлемі шағын сықақ өлең.* **2.** тар. *Ежелгі Грецияда заттың мәнін түсіндіретін ескерткіштегі, ғимараттағы, сыйлықтағы жазу.*

**ЭПИГРАФ** [грек. epigraphē] зат. әдеб. *Көркем шығарманың басты идеясын аңғарту үшін оның бас кезінде, не әр тарауының басталар алдында келтірілетін қысқаша мысал не нақыл сөз.*

**ЭПИГРАФИКА** [грек. epigraphē] зат. тар. *Тас, жартас, плиталарда т.б. ерте заманнан қалған көне жазуларды зерттейтін тарих және филология ғылымдарының бір саласы.*

**ЭПИГРАФИЯЛЫҚ** сын. әдеб. *Эпиграфияға қатысты.*

**ЭПИГРАФИСТ** зат. ғыл. *Тасқа жазылған көне жазуларды зерттеуші, маман.*

**ЭПИДЕМИОЛОГ** зат. мед. *Эпидемиология ғылымының маманы.*

**ЭПИДЕМИОЛОГИЯ** [грек. epidēmia – жаппай ауру, logos – ілім] зат. мед. *Жұқпалы аурулардың пайда болуы, едәуір тарауы және онымен алдын ала күресудің шаралары жайлы медицина саласы.*

**ЭПИДЕМИЯ** [грек. epidemia] зат. мед. *Жұқпалы аурудың етек алуы, індет.*

**Эпидемияға қарсы шаралар**. мед. *Бөлімдер мен бөлімшелер жеке құрамының денсаулығы мен ұрысқа қабілеттілігін сақтауға бағытталған шаралар жиынтығы.*

**ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ** сын. мед. *Эпидемиологияға қатысты.*

**ЭПИДЕРМИС** [грек. epi – үсті, derma – тері] зат. **1.** биол. *Жан-жануарлар мен адам терісінің жалпақ эпителийлерден тұратын сыртқы қабаты.* **2.** бот. *Өсімдіктердің сыртқы қабаты.*

**ЭПИДИАСКОП** зат. тех. *Объектілердің сұлбасын экранда көрсетуге арналған аспап, эпаскоп пен диаскоптың біріктірілуі.*

**ЭПИДИДИМИТ** [лат. epididymytis] зат. вет. *Жарақаттанудан, бруцеллез салдарынан болып, ен қосалқысы көлемінің ұлғаюы, малдың аса қатты ауыртпалық шегуі, ал асқынған жағдайда – малдың ыстығы көтерілуі, ұмасының, күпегі мен ішінің дүмпиіп ісіп кетуі сияқты белгілермен сипатталатын дерт.*

**ЭМПИЕМА** зат. мед. *Қабыну салдарынан белгілі бір анатомиялық қуыста ірің жиналу.*

**ЭПИЗОД** [грек. epesodion] зат. **1.** *Тұрмыстағы бір істің, оқиғаның, жағдайдың жеке бір көрінісі.* **2.** әдеб. *Көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиға желісінің бір бөлігі.*

**ЭПИЗОДТЫҚ** сын. өнер. *Шамалы ғана көрініп қалатын, бір сәттік (рөл).*

**ЭПИЗООТИЯ** [грек. epi – үсті, үстінде, zoon – жануар, тірі мақұлық, жан] зат. вет. *Жан-жануарлар арасында жұқпалы аурулардың жаппай тарауы.*

**ЭПИЗООТОЛОГИЯ** [грек. epi – үсті, үстінде, zoon – жануар, logos – ілім] зат. вет. *Ветеринария ғылымының жұқпалы аурулардың пайда болу, таралу және тоқтату заңдылықтарын зерттейтін саласы.*

**ЭПИЗООХОРИЯ** зат. биол. *Өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының жануарлар арқылы таралуы.*

**ЭПИКАЛЫҚ** сын. филос. **1.** әдеб. *Эпосқа тән.* **2.** кіт. *Ұлылық пен қаһармандыққа толы.* **3.** ауыс. *Байсалды, сабырлы, тұлғалы.*

**ЭПИКРИЗ** [грек. epikrisis] зат. малдәр. *Ауру тарихының соңғы, мал аурудан айыққаннан кейін жазылатын бөлігі.*

**ЭПИКУРЕИЗМ** зат. **1.** *Тіршілік қажеттілігін қанағаттандыруды адам бақытының негізі деп есептейтін ежелгі грек философы Эпикурдың дінге қарсы материалистік ілімі.* **2.** *Өмірдің мәні жан рахатында, жеке бастың игілігін қамтамасыз етуде деп танып, Эпикур ілімін түрпайы бұрмалаудың негізінде пайда болған буржуазияшыл көзқарас.*

**ЭПИЛЕПСИЯ** [грек.epilepsia] зат. мед. *Ұстамалы естен танып қалатын сипаттағы адам миының созылмалы ауруы. Ауызекі сөйлеу тілінде: қояншық.*

**ЭПИЛЕПТИК** зат. мед. *Қояншық ауруы бар адам.*

**ЭПИЛОГ** [грек. epilogos] зат. әдеб. *Көркем шығармадағы кейіпкерлер тағдырының немен біткенін баяндайтын қорытынды бөлім.*

**ЭПИЛЯЦИЯ** [лат. e(x) – содан, pilus – шаш, түк] зат. мед. *Косметикалық және басқа да мақсатта терідегі түктерді жою, жұлу, алып тастау.*

**ЭПИМИЗИЙ** [epimysium, грек. epi – үстінде, mys – бұлшық ет] зат. биол. *Бұлшық еттерді, ішкі мүшелер мен тамырлардың етті қабықтарын сыртынан қаптайтын дәнекер ұлпалы қабық.*

**ЭПИНЕВРИЙ** [epineurium, грек. epi – үстінде, neuron – жүйке жасушасы] зат. физиол. *Жүйке талшықтарынан құралған жүйкелердің сыртқы дәнекер ұлпалық қабығы.*

**ЭПИОРТАЛЫҚ** зат. геол. *Зілзала орталығының үстіңгі беті, яғни эпиорталық өңір – жер сілкіну ошағының (гипоорталықтың) Жер бетіндегі проекциясы.*

**ЭПИСОМА** [грек. epi – үсті, soma – дене] зат. биол. *Жасушада хромосомаға тәуелсіз немесе оған кірме ретінде болатын генетикалық элемент.*

**ЭПИСТАЗ** зат. биол. *Аллельді емес гендер арасында болатын әрекеттесу құбылысы.*

**ЭПИСТЕМА** [грек. epistemos] зат. кіт. *Нақты тарихи кезеңдегі білім шеңберін белгілейтін тәжірибеден бұрын берілген тарихи өзгермелі құрылымдар.*

**ЭПИСТЕМОЛОГИЯ** [грек. epistēmologia] зат. филос. *Танымның мәні мен оның ақиқаттығының өлшемін зерттейтін философия бөлімі.*

**ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ** [грек. epistole] сын. әдеб. *Хат түрінде жазылған шығармаларға, сондай-ақ әдеби мұраға айналған хаттарға қатысты.*

**ЭПИСТРОФЕЙ** [грек. epistropheus] зат. мед. *Ауыз омыртқа (екінші мойын омыртқа).*

**ЭПИТАКСИЯ** зат. хим. *Астар ретінде алынған кристалдың бетіндегі кристалдану құбылысы.*

**ЭПИТАЛАМА** [грек. epithalamios] зат. әдеб. *Некеге тұру құрметіне арналып жазылған өлең, ән.*

**ЭПИТАФИЯ**[1] [грек. epitaphios] зат. әдеб. **1.** *Біреудің қазасына арнап жазылған өлең.* **2.** *Қабір үстіндегі құлпытасқа жазылған жазу.*

**ЭПИТАФИЯ**[2] [грек. epitaphios] зат. лингв. *Заттың, яки құбылыстың ерекшелігін, сырт-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз, троптың қарапайым түрі.*

**ЭПИТЕЗА** зат. лингв. *Сөз соңынан дыбыс қосылып айтылу құбылысы. Мысалы: абстракты (абстракт), банкі (банк), факті (факт) .*

**ЭПИТЕЛИОЦИТТЕР** [epitheliacytos, грек. epi – үстінде, thele – кеуде емізікше, kytos – жасуша] зат. биол. *Эпителий ұлпасын құрайтын жасушалар.*

**ЭПИТЕТ** [грек. epitheton] зат. **1.** әдеб. *Көркем бейнелі анықтама, ауыс мағынаның бір түрі, яғни заттың не құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын айқындай түсу үшін қолданылатын көркем сөздің бір түрі.* **2.** *Кем дегенде екі сөздің тіркесуінен тұратын, бірінші сыңары (компоненті) коннотативті, екінші сыңары денотативті, өзара қабыса байланысқан, көркем бейнелі, образды тілдік конструкция.*

**ЭПИФАУНА** зат. биол. *Топырақтың бетінде, жартастардың саңылауларында, тастардың арасында және т.б. тіршілік ететін, бекітілген немесе аз қимылдайтын су түбіндегі омыртқасыздар.*

**ЭПИФИЗ** [грек. epiphisis] зат. биол. *Аралық ми эпиталамусы құрамына кіретін ішкі секреция бездерінің орталық мүшесі.*

**ЭПИФИЛДЕР** зат. биол. *Өсімдіктерде және ағаштарда тіршілік ететін жәндіктер мен жануарлар.*

**ЭПИФИТОТИЯ** [грек. epi – үстінде, phyton – өсімдік] зат. биол. *Өсімдіктердің жұқпалы ауруларының кең таралуы.*

**ЭПИФИТТЕР** зат. экол. *Тіршілігінің барлық кезеңін немесе белгілі бір кезеңін топырақпен байланыссыз өткізетін автотрофты өсімдіктер.*

**ЭПИФОРА** [грек. epiphora] зат. лингв. **1.** *Метафораның қиялға негізделіп айшықталған түрі.* **2.** *Айтылған ойдың әсерлілігін арттыру үшін фразалар соңындағы сөзді не дыбыстық тіркесті қайталаудан туатын айшықты орамдар.*

**ЭПИЦЕНТР** [грек. epi – үстінде, лат. centrum – орталық] зат. геол. *Жер сілкінудің не жарылыстың үстіңгі не астыңғы орталығына дөп келетін жер бетіндегі тұсы, эпиорталық.*

**ЭПОЛЕТ** [франц. epaulette] зат. *Ресейлік патша армиясында болған, қазірде кейбір батыс елдер армиясында шеру кездерінде тағатын алтынмен зерленген әшекейлі погон.*

**ЭПОНИМ** [грек. eponymos, epi – кейін, onyma – есім] зат. лингв. *Елді мекен, қала т.б. адам есімімен аталуы.*

**ЭПОПЕЯ** [грек. epopoiïa] зат. әдеб. **1.** *Белгілі бір тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын ортақ идея мен бір тақырыптың аясында кең көлемде сипаттап, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық ірі шығарма.* **2.** ауыс. *Көлемді бірсыпыра ірі істердің желісінен тұратын күрделі тұтас бір оқиға.*

**ЭПОС** [грек. epos] зат. әдеб. **1.** *Көркем әдебиетті өмірді суреттеу тәсілі жағынан үш салаға бөлгенде, лирика, драмамен қатар, өз алдына үлкен бір сала (жанр) болып саналатын, оқиғаны баяндап жеткізуге негізделетін шығармалар тобы.* **2.** *Ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының, дастандардың жиынтығы.*

**ЭПОСТЫҚ** сын. әдеб. *Эпосқа қатысты, соған тән.*

**ЭПУЛИС** [грек. epulis: epi – үстінде, ulon – қызыл иек] зат. вет. *Қызыл иек ісігі.*

**ЭРА** [лат. aere] зат. кіт. **1.** *Кезең, жыл санауы басталған кезең, жыл санау жүйесі.* **2.** *Алдағы кезеңнен түбегейлі түрде өзгеше, ірі тарихи кезең.* **3.** геол. *Халықаралық дәрежеде келісілген бірегей жержылнамалық шкаланың иерархиялық бағыныштылық тұрғысынан екінші дәрежелі бірлігі немесе бөлімшесі.*

**ЭРБИЙ** зат. хим. *Лантаноид тобына жататын таңбасы Er (лат. Erbium), атомдық массасы 167,27; реттік нөмірі 68, балқу температурасы 1520°С, тығыздығы 9050 кг/м$^3$, +3 тотығу дәрежесі бар химиялық элемент; жай зат, күмістей ақ металл, магниттік құймалар құрауышы ретінде қолданылады.*

**ЭРГАСТЕРИЙ** [грек. ergasterion] зат. экон. *Ежелгі Грекияда, Римде, Византияда құлдар жұмыс істейтін шеберхана.*

**ЭРГАТИВ** [грек. ergates] зат. лингв. *Кейбір тілдерде пассив етістіктер (ырықсыз етістер) арқылы іс-әрекеттің шығу тегін білдіретін категориалды септік тұлғасы.*

**ЭРГАТИВТІК** сын. лингв. *Эргативке тән.*

**Эргативтік құрылыс**. лингв. *Әрекет жасаушы мен әрекет иесінің семаниткалық қарама-қарсылығына негізделген тіл типологиясы.*

**ЭРГОГРАФ** зат. спорт. *Орындалған кимыл-қозғалысты сызба түрінде белгілейтін және өлшейтін аспап.*

**ЭРГОЛОГИЯ** зат. экол. *Нақты зерттеулер үшін, сондай-ақ мәдениет тарихын зерттеу үшін қызмет ететін этнографиялық-тарихи пән.*

**ЭРГОМЕТР** зат.спорт. *Физиологиялық зерттеулер және тест жасау кезіндегі қимыл-қозғалыс қызметін өлшейтін аспап.*

**ЭРГОМЕТРИЯ** зат.спорт. *Жеке бұлшық еттердің, бұлшық ет топтарының, тәннің жұмысын зерттеу тәсілдерінің жиынтығы.*

**ЭРГОНОМИКА** [грек. ergon – жұмыс, nomos – заң] зат. экол. *Адамды өндірістік қарекетінде кешенді зерттеумен және еңбек құрал-жабдықтары мен жағдайларын оңтайландырумен шұғылданатын ғылымдар тобының жалпы атауы.*

**ЭРЕ** [сканд. ore] зат. экон. *Швеция, Дания, Норвегия, Исландияның ұсақ шақасы, 1/100 кронаға тең.*

**ЭРЕКТУСАЦИЯ** зат. тар. *Ежелгі адамдардың қауымдасу кезеңі.*

**ЭРЕМОФИЛДЕР** зат. экол. *Шөл далада тіршілік ететін жануарлар.*

**ЭРЕМОФИТТЕР** зат. экол. *Шөл далада өсуге бейімделген өсімдіктер.*

**ЭРЗАЦ** [нем. Ersatz] зат. тамақ. *Бір нәрсенің барабар деуге болмайтын ауыстырмасы, суррогат; мыс, кофе суррогаты.*

**ЭРИТЕМА** [грек. erythema] зат. мед. *Терінің шағын немесе едәуір аумағының қызаруы.*

**ЭРИТРИН** зат. хим. *Арсенаттар класына жататын минерал; кобальт және никель кендерінің индикаторы.*

**ЭРИТРОБЛАСТАР** [erythroblastus, грек. erythros – қызыл, blastos – бастама, өскін] зат. биол. *Сүйектің қызыл кемігі майындағы діңгекті және жартылай діңгекті жасушалардан дамып жетілетін, бір мүмкіндікті эритроциттердің бастама жасушасы.*

**ЭРИТРОПОЭЗ** [erythropoesis, грек. erythros – қызыл, poesis – түзілу, даму] зат. мед. *Сүйектің қызыл кемігі майындағы эритроциттердің түзілу процесі.*

**ЭРИТРОЦИТ** [грек. erythros-қызыл, kytos – жасуша] зат. физиол. *Құрамында гемоглобині бар қанның құранды бөлігі; қызыл түйіршік.*

**ЭРКЕР** [нем. Erker] зат. сәулет. *Бөлмелердің ішкі ауданын ұлкейтетін, жартылай шеңбер немесе көп қырлы, терезелері бар үй қабырғасының сыртына шығарылып орнатылған құрылыс.*

**ЭРЛАНГ** зат. инф. *Бір құрылғының бір сағат бойы жұмыс істеуіне қажетті жүктеме қарқындылығының бірлігі.*

**ЭРЛИФТ** [ағыл. airlift] зат. тех. *Сұйықтықтарды тасымалданатын сұйықтықпен араластырылған сығылған ауамен жоғары көтеретін құрылғы; мысалы, ұңғымадан сығымдалған ауа күшімен мұнайды шығару.*

**ЭРМИТАЖ** [франц. ermitage] зат. **1.** *Батыс мәдениетінде қала сыртындағы үй, саяжай павильоны.* **2.** *Ірі көркемсурет және тарихи-мәдени мұражай.*

**ЭРОЗИЯ** [лат. erosio] зат. **1.** геол. *Судың, желдің т.б. табиғи құбылыстардың әсерінен жер қыртысының түгелдей не жарым-жартылай бүлінуі.* **2.** тех. *Электрдің, атмосфералық құбылыстардың әсерінен техника тетіктеріне түсетін тот.* **3.** мед. *Тері мен ішкі ағзаның эпителиялық қабатында жараның пайда болуы.*

**Эрозия базисі.** сушар. <грек. basis – негіз, лат. erodere – мұжу> *Өзеннің, жылғаның әрекет күші әлсіреп, жынысты жуып-шаюға және арнасын тереңдетуге шамасы жетпейтін деңгейлік бет.* **Эрозия қарқындылығы.** геол. *Топырақ құнарлылығының жыл ішіндегі орташа кему процесі.* **Эрозия фазасы**. геол. *Бірінен кейін бірі белгілі бір реттілік бойынша кезектесіп жүретін эрозиялық циклдің бөлігі.*

**ЭРОЗИЯЛЫҚ** сын. кіт. *Эрозияға қатысты.*

**Эрозиялық аңғар.** сушар. *Ағын сулардың әрекетінен пайда болған аңғарлар.* **Эрозиялық зерттеулер.** экол. *Аумақтың эрозияға қарсы ұйымдастырылуы және эрозияға қарсы шараларды жобалау мақсатында, белгілі бір аумақтағы эрозияның түрлерін, эрозиялық процестердің іс жүзіндегі және ықтимал әрекеттерінің қарқындылығын анықтау жөнінде атқарылатын жұмыстар кешені.*

**ЭРОС** [грек. eros] зат. кіт. *Ежелгі грек нанымында махаббат құдайы.*

**ЭРОТЕМАТИКА** [грек. erotematikos] зат. кіт. *Батыс ғылымында сауал қою өнері.*

**ЭРОТИКА** [грек. erotikos] зат. **1.** *Батыс мәдениетіндегі сезімталдық, құштарлық.* **2.** *Батыс мәдениетіндегі құштарлық көрінісін сипаттайтын әдебиет, өнер туындысы.*

**ЭРОТИКАЛЫҚ** сын. *Эротикаға қатысты.*

**ЭРСТЕД** зат. физ. *Магниттік өрістің кернеу бірлігі.*

**ЭРУДИТ** зат. *Ғылымның бір саласынан көп білетін, білімдар адам.*

**ЭРУДИЦИЯ** [лат. eruditio] зат. *Ғылымның белгілі бір саласынан терең мағлұматы болушылық, жан-жақты, көп оқығандық, көп білетіндік.*

**ЭСЕР** зат. тар. *1901–1922 жылдар арасында Ресейде болған ұсақ буржуазиялық социалист революционер партиясының қысқарған атауы.*

**ЭСКАДРА** [франц. escadre] зат. **1.** әск. *Әскери-теңіз флоты кемелерінің, сондай-ақ, әуе флотының ірі құрамасы.* **2.** *Шетелдік шалғайда немесе экспедицияда жүзетін әскери кемелер құрамасы.*

**ЭСКАДРАЛЫҚ** сын. әск. *Эскадраға қатысты.*

**Эскадралық миналы кеме**. әск. *Қарсыластың ірі кемелері мен сүңгуір қайықтарын жою, өз жағының ірі кемелерінің теңізден өту және ұрыс кезіндегі қауіпсіздігін сақтау, мина қою және т.б. міндеттерді орындауға арналған соғыс кемесі.*

**ЭСКАДРИЛЬЯ** [франц. escadrille] зат. әск. *Әскери-әуе күштерінің негізгі тактикалық және атыс бөлімі.*

**ЭСКАДРОН** [франц. escadron] зат. **1.** әск. *20 ғасырдың ортасына дейін көптеген мемлекеттерде атты әскерлердің негізгі тактикалық бөлімшесі.* **2.** *Кейбір шетел армияларындағы сауытты танк әскерлерінің барлау бөлімшелері.*

**ЭСКАЛАТОР** [ағыл. escalator] зат. тех. *Метрода, көп қабатты қоғамдық ғимараттарда қолданылатын тоқтаусыз жылжитын баспалдақ.*

**ЭСКАЛАЦИЯ** [ағыл. escalation] зат. әск. *Әскери-саяси кикілжіңді біртіндеп дағдарысты жағдайға және соғысқа айналдыруды көздейтін милитаристік концепция.*

**ЭСКАЛОП** [франц. escalope] зат. *Батыс асханасы мәзіріндегі омыртқа тұсы немесе сан етінің (сиырдың, қойдың, шошқаның) қуырылған майсыз кесегі.*

**ЭСКАРП** [франц. escarpe] зат. әск. *Танкіге қарсы тік, терең құлама ор түріндегі кедергі.*

**ЭСКИЗ** [франц. esquisse] зат. *Салынатын сюжетті картинаның, суреттің алдын ала түсірілетін нобайы, әзірлік үлгісі.*

**ЭСКИМО** [франц. esquimau] зат. тамақ. *Балмұздақтың шоколадпен көмкерілген түрі.*

**ЭСКИМОСТАР** зат. *Ресейдің Чукот түбегі, Солтүстік Американың арктикалық жағалауы мен Гренландияда тұратын халық; осы халық өкілдері.*

**ЭСКОРТ** [франц. escorte] зат. әск. *Әлдекімді, бір нәрсені қорғау үшін еріп жүретін атқосшылар, күзету, әскери бөлімше.*

**ЭСКРОУ** зат. қаржы. *Ақша сомасын үшінші тұлғадан басқа тұлғаға тек белгіленген шарт орындалғаннан кейін ғана берілетіндей етіп осы тұлғаның атына депозиттеу.*

**ЭСКУДО** [парт. escudo] зат. экон. **1.** *Португалияның ақша өлшемі, 100 сентавоға тең.* **2.** *Чилидің ақша өлшемі , 100 сентесимоға тең.*

**ЭСКУДО: кабо-верде эскудосы.** экон. *Кабо-Верденің ақша өлшемі; қайта сақтандыруға беретін компания сақтандыратын жалпы сома*

**ЭСМИНЕЦ** зат. әск. *«Эскадра миноносеці» деген сөздерден қысқарып біріккен кеме атауы.*

**ЭСПАДРОН** [франц. espadon] зат. спорт. *Спорт ойындарында сайысқа түсу үшін жасалған қылыш.*

**ЭСПАНДЕР** [лат. espandere] зат. спорт. *Дене жаттығуларын орындау барысында қосымша күш жұмсауға мүмкіндік туғызатын жан-жақты спорт аспабы.*

**ЭСПАНЬОЛКА** [франц. espagnol] зат. *Батыс үлгісіндегі қысқа ұшкір келген шоқша сақал.*

**ЭСПАРЦЕТ** [франц. esparcette] зат. өс. *Бұршақ тұқымдас, беде тәрізді шөптесін өсімдік.*

**Эспарцет дақылы.** егіншар. *Көпжылдық екпешөп түрі.*

**ЭСПЕРАНТО** [эсп. esperanto] зат. лингв. *Ең көп тараған халықаралық жасанды тіл, халықаралық қарым-қатынастың қосымша құралы.*

**ЭССЕ** [франц. essai] зат. әдеб. *Әдеби, философиялық, әлеуметтік және басқа да тақырыпта еркін түрде жазылған жүйеге салынбаған, ғылыми емес очерк.*

**ЭССЕНЦИЯ** [лат. essentia] зат. *Сірке суынан, т.б. қоспалардан әзірленген, тамақтың дәмін түшытатын күшті ерітінді.*

**ЭСТАКАДА** [франц. estacade] зат. тех. *Кеме тоқтайтын жағалаудағы т.с.с. орындардағы жолдарды бірінің үстінен бірін өткізу үшін олардың қиылысқан жерінде бірнеше саты етіп, түрлі материалдардан тұрғызылған құрылыс алаңы.*

**ЭСТАМП** [франц. estampe] зат. өнер. *Ағаштан не металдан ойып жасалған суреттің көшірмесі.*

**ЭСТАФЕТА** [франц. estafette] зат. **1.** спорт. *Қашықтықтың белгілі бір тұсында сынға түсу үшін өз серігін ауыстырып, оған шартты затты беріп бәсекелесетін командалық жарыс түрі.* **2.** ауыс. *Бір істің бірден-бірге ауысып, алға ұласқан жалғасы.*

**ЭСТАФЕТАЛЫҚ** сын. кіт. *Эстафетаға қатысты.*

**ЭСТЕТ** [грек. aisthētēs] зат. өнер. **1.** *Өнер мен әсемдікті бағалаушы.* **2.** *Көркемөнер шығармаларында түрге ғана мән беретін формализмді жақтаушы.*

**ЭСТЕТИЗМ** зат. филос. *Көркемөнерде шығармадағы идеялық мазмұнның мәнін елемей, тек оның сыртқы түрі көз тартарлық болу керек дейтінді жақтайтын бағыт; эстетикадағы формализм.*

**ЭСТЕТИКА** [грек. aisthetikos] зат. филос. **1.** *Көркемөнердегі, табиғат пен өмірдегі әсемдік дүниесінің идеялық мәні мен көркемдік формаларын зерттеуге арналған философиялық ілім, сондай-ақ біреудің көркемөнерге деген көзқарасының жүйесі.* **2.** *Бір нәрсенің әсемдігі, көркемдігі.*

**ЭСТЕТИКАЛЫҚ** сын. кіт. *Әсемдік дүниесіне қатысты көркемдік.*

**Эстетикалық қабылдау.** пед. *Баланың ақиқат құбылыс пен өнер процесіндегі эстетикалық сезім күйін тудыратын қасиеттерді айқындай алу қабілеті.* **Эстетикалық қатынас.** пед. *Баланың зат, құбылыс, жағдайларға эстетикалық сапа тұрғысынан баға беру қабілеті.* **Эстетикалық ләззат.** *Табиғат, қоғам өмірі мен өнер туындысынан сұлулықты қабылдау нәтижесінде немесе ұнамды әрекет үстінде адамның рухани дүниесінің тебіреніп, жан рахатына батуы.* **Эстетикалық пікір.** пед. *Эстетикалық мұрат пен көркемдік талғамға негізделген баланың табиғат, өнер, қоғамдық құбылыстарға идеялық сезімдік баға беруі.* **Эстетикалық сезім.** *Болмыстағы шындықтың сұлулығын, әдемілігін, әсемдігін қабылдаудан туатын көңіл күйі.* **Эстетикалық тәрбие.** пед. *Болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау үшін, адамның эстетикалық түсінігін, сезімін, талғамын қалыптастыру үшін берілетін тәрбие.*

**ЭСТРАДА** [франц. estrade] зат. өнер. **1.** *Жұрт алдында өнер көрсетуге лайықтап жасалған көтеріңкі орын.* **2.** *Кішігірім шығармаларды ашық және концерттік сахналарда орындаудан тұратын музыкалы-драмалық өнер.*

**ЭСТРАДАЛЫҚ** сын. өнер. *Эстрадаға қатысы бар.*

**ЭСТРОГЕНДЕР** [грек. oistros – құштарлық, құмарпаздық, genos – туу] зат. биол. *Әйелдің жыныстық гормондары.*

**ЭСТРОЗ** [лат. oestrosis] зат. малдәр. *Қой пысқырығы (танау және маңдай қойнауларында тоғышар тіршілік ететін бөгелек личинкасы тудыратын, қойдың жоғарғы тыныс жолын, маңдай, бет сүйек қойнауларын қабындырып, олардың іріңдетіп жіберетін, осыған орай, танаудан қан аралас ірің шұбыртып, малдың тынысын тарылтатын, оны жалған айналмаға ұшырататын инвазиялық ауру).*

**ЭСТОППЕЛЬ** [ағыл. estoppel] зат. экон. *Тұлға өзінің дәмелі ниетін негіздеу үшін кейбір фактілерге сілтеме жасау құқығынан айырылатын қағидат.*

**ЭСТУАРИЙ** [лат. aestuarium] зат. сушар. *Өзеннің теңіз жағасына қарай кеңейе беретін шұңғыма тәріздес сағасы (теңіз шығанағы).*

**ЭСТУАРИЯ** зат. геол. *Ірі өзен сағасының суға батуы және кеңеюі нәтижесінде пайда болатын шұқыр іспетті шығанақ.*

**ЭСХАТОЛОГИЯ** [грек. eschatos – соңғы, logos – ілім] зат. *Дүниенің соңғы әлемі мен адамның соңғы тағдыры туралы діни ілім.*

**ЭСХАТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. геол. *Эсхатологияға қатысты.*

**Эсхатологиялық мифтер.** діни. мәд. *Дүниенің ақыры туралы мифтер.*

**ЭСХОЛОГИЯЛЫҚ** сын. ***Эсхатологиялық.***

**ЭТАЖ** [франц. etage] зат. **1.** ***Қабат*** *(бір деңгейде орналасқан ғимараттың, бөлменің бөлігі).* **2.** геол. *Ылдиланып, еңіс орналасқан кен орнының шахта аумағының бөлігі.*

**ЭТАЖЕРКА** [франц. etagere] зат. **1**. *Төрт тұғырға тақталар бекітілген, кітап жиып қоятын кішігірім үй жиһазы.* **2.** тех. *Химия, мұнай өңдеу, тамақ өнеркәсібі мекемелеріндегі технологиялық құрал-саймандарды орналастыратын болаттан немесе темірден жасалған каркасты құрылыс.*

**ЭТАЛОН** [франц. etalon] зат. **1.** физ. *Қалыптасқан өлшем бірлігінің ең жоғарғы дәлдік үлгісі.* **2.** кіт. *Бір нәрсені салыстыру үшін үлгі, үздік үлгі.*

**Эталон тіл**. а) *Үлгі тіл рөліндегі табиғи тілдер: латын, грек, тілдері.* ә) *Ана тілі (екінші тілді үйренушілер үшін).*

**ЭТАЛОНДЫҚ** сын. кіт. *Эталонға қатысты.*

**Эталондық бағдарлама.** инф. <ағыл. sample program> *Компьютер параметрлерін (өнімділігін, өткізу қабілеттілігін және т.б.) бағалауға пайдаланылатын программа.* **Эталондық таспа.** инф. <ағыл. master tape> *Программаның немесе мәліметтердің эталондық нұсқасы жазылған магниттік таспа.*

**ЭТАН** [грек. aithēr] зат. хим. *Мұнайдың, табиғи газдардың құрамдарында болатын* $C_2H_6$ *қаныққан көмірсутек, табиғи газ құрауышы.*

**ЭТАНОЛ** зат. хим. $C_2H_5OH$ *алифатты спирт; хлороформ, диэтильді эфир өндірісінде, ЛБЖ және дәрілер еріткіші ретінде, арақ-шарап бұйымдарын және т.б. дайындауда қолданылады.*

**ЭТАП** [франц. etape] зат. кіт. **1.** *Белгілі бір процестің дамуындағы өзалды бір сәті, сатысы.* **2.** спорт. *Спорт жарыстарындағы қашықтықтың бір бөлігі.*

**ЭТАТИЗМ** [франц. etatism] зат. кіт. *Қоғамдық дамудың ең жоғарғы нәтижесі мен мақсаты – мемлекет деп танитын саяси ойдың бағыты.*

**ЭТАТИСТІК** сын. кіт. *Этатизмге қатысты.*

**ЭТИКА** [лат. ethica] зат. филос. **1.** *Идеологияның бір формасы – мораль туралы, оның дамуы және принциптері, қоғамдағы нормалары мен таптық мәні жайындағы ілімдер жүйесі.* **2.** *Белгілі бір қоғамдық топ үшін қағида болып табылатын мінез-құлық, тәртіп нормасы.*

**ЭТИКАЛЫҚ** сын. кіт. *Тіл материалының физикалық қасиеттерін семантикалық деңгейде ажырату қабілетіне ие емес, эмикалық құбылысқа қарама-қарсы құбылыс.*

**Этикалық норма**. филос. *Адамдардың ұқсас мінез-қылықтары ортақ ережелер бойынша немесе тежелу арқылы реттеліп отыратын адамгершілік қағидалар формасы.* **Этикалық нормаларға үйрету**. *Қатардағы қызметкерлер мен басшыларды жұмыс жүргізудің этикасы туралы ережені меңгеруге баулу процесі.*

**ЭТИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ** сын. кіт. *Философияға әрі әдепке, этикаға қатысты.*

**ЭТИКЕТ** [франц. etiquette] зат. филос. *Қарым-қатынастың (дипломатиялық ортада, сарай қызметкерлерінің арасында) қалыптасқан үлгі түрі.*

**ЭТИКЕТКА** [франц. etiquette] зат. экон. *Сауда орындарында сатуға әзірленген тауарлардың аты, бағасы т.с.с. айырмасы көрсетілген жапсырма.*

**ЭТИЛ** [грек. aith(er) – эфир, ауа, hyle – ағаш] зат. хим. *Көптеген органикалық қосылыстардың құрамына енетін көміртегі мен сутегінің қоспасы, бірвалентті органикалық радикал* $C_2H_5$.

**Этил спирті.** хим. $C_2H_5OH$; *дәмі ауыз құыратын, өзіне тән иісі бар, түссіз, жылжымалы сұйықтық; қайнау температурасы 78,4°С.* **Этил сұйығы.** *Мотор майларында детонациялық тұрақтылығын арттыру үшін қосылатын тетраэтил-қорғасынның галоген орынбасқан көмірсутектердегі ерітіндісі.*

**ЭТИЛАЦЕТАТ** зат. хим. *Этанол мен сірке қышқылының эфирі.*

**ЭТИЛБЕНЗОЛ** зат. хим. *Ароматты көмірсутек.*

**ЭТИЛДЕ=** ет. хим. *Органикалық қосылыстар молекуласындағы сутек атомының орнына этил тобын* ($-C_2H_5$) *енгізу.*

**ЭТИЛДЕУ** хим. *Этилде етістігінің қимыл атауы.*

**ЭТИЛЕН** зат. хим. *Полиэтилен мен этил спиртін алу үшін қолданылатын, көміртегімен сутегінен тұратын түссіз газ.*

**ЭТИЛЕНГЛИКОЛЬ** зат. хим. *Екіатомды алифатты спирт.*

**ЭТИЛЕНДИАМИН** зат. хим. *Біріншілікті алифатты диамин.*

**ЭТИЛЕНИМИН** зат. хим. *Екіншілікті циклді амин.*

**ЭТИЛЕНОКСИД** зат. хим. *Циклді жай эфир.*

**ЭТИЛМЕРКАПТАН** зат. хим. *Меркаптан.*

**ЭТИМОЛОГ** зат. лингв. *Сөздердің түпкі төркіні мен шығу тегін зерттейтін тіл маманы.*

**ЭТИМОЛОГИЯ** [грек. etymon – ақиқат, сөздің негізгі мағынасы, logos – ілім] зат. лингв. *Сөздердің түпкі төркіні мен олардың шығу тегін зерттейтін тіл білімінің бөлімі.*

**ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Этимологиямен байланысты.*

**Этимологиялық сөздік**. лингв. *Белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайтын сөздік.* **Этимологиялық талдау**. лингв. *Сөздің бұрынғы морфологиялық құрылысын, сөзжасамдық байланыстарын айқындау, қашан, қалай туғанын және өзі тектес тудырушы негізден жасалу тәсілін анықтау.*

**ЭТИМОН** [грек. etymon] зат. лингв. *Қазіргі тілдердегі бар сөздердің пайда болған негізі немесе морфемасы (түбір) немесе сөздің бастапқы мағынасы мен формасы.*

**ЭТИОЛОГИЯ** [грек. aitia – себеп, logos – ілім] зат. мед. **1.** *Аурудың себебін және пайда болу жағдайын зерттейтін медицинаның саласы.* **2.** мед. *Әлдебір аурудың себептері.*

**ЭТНИКАЛЫҚ** сын. кіт. *Адамдардың ерекше тарихи жағдайларда қалыптасқан әлеуметтік тұрақты топтарына байланысты.*

**Этникалық геноцид.** филос. *Бір этносты екінші этностан үстем көру принципіне құрылған агрессиялық әрекеттер.*

**ЭТНОАУМАҚ** зат. тар. *Белгілі бір ұлттың тарихи қалыптасқан мекен ету аумағы.*

**ЭТНОАУМАҚТЫҚ** зат. тар. *Этнотерриторияға қатысты.*

**ЭТНОАУЫЛ** зат. жаңа. *Туристерді тартудың бір жобасы бола алатын сәулеті, тұрмыс-тіршілігі мен үй-жайының ішкі құрылысы, жиһазы көне ұлттық үлгіде қалпына келтірілген ауыл.*

**ЭТНОӘДІСНАМА** зат. әлеум. *1960 жылдардың ортодокстық консенсустың бұзылуы тұсында пайда болған әлеуметтанушылық көзқарас.*

**ЭТНОӘДІСНАМАЛЫҚ** сын. *Этноәдіснамаға қатысты.*

**ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК** сын. қоғ.-гум. *Этникалық және әлеуметтік факторлар үйлесіміне негізделген.*

**ЭТНОГЕНЕЗ** [грек. ethnos – халық, genesis – шығу, пайда болуы] зат. тар. *Әртүрлі қауымдық топтардың негізінде қалыптасқан туыстас жаңа тайпаның, халықтың арғы тегі.*

**ЭТНОГРАФ** зат. кіт. *Этнография ғылымының маманы.*

**ЭТНОГРАФИЯ** [грек. ethnos – халық, grapho – жазамын] зат. ғыл. **1**. *Белгілі бір халықтардың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым.* **2.** *Сол халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдени өзгешеліктері.*

**ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ** сын. ғыл. *Этнографияға қатысты, соған тән.*

**ЭТНОЛИНГВИСТИКА** [грек. ethnos – халық, франц. linguistique – тіл білімі] зат. лингв. *Тілдің қызметі мен дамуының халық мәдениеті мен психологиясына қатынасын, олардың бір-біріне әсерін зерттейтін тіл біліміндегі бағыт.*

**ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ** сын. лингв. *Этнолингвистикаға қатысты.*

**ЭТНОЛОГИЯ** [грек. ethnos – халық, logos – ілім] зат. ғыл. *Этнос туралы ілім.*

**ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Этнос туралы ілімге байланысты.*

**ЭТНОМАРКЕРЛІ** сын. лингв. *Ұлттық танымға негізделген, ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі болып табылатын.*

**ЭТНОМӘДЕНИ** сын. *Этникалық мәдениетке байланысты.*

**Этномәдени генофонд.** филос. *Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, сұрыптап, уақыт сынынан өткізген игіліктер жүйесі.*

**ЭТНОМЕТОДОЛОГИЯ** зат. ***Этноәдіснама.***

**ЭТНОМЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Этнометодологияға қатысты.*

**ЭТНОНИМ** [грек. ethnos – халық, onoma – атау] зат. лингв. *Этникалық әртүрлі құрылымдардың, ұлттар мен халықтардың, тайпалар мен тайпалық одақтардың, рулардың аттары.*

**ЭТНОНИМИКА** [грек. ethnos – халық, onyma – есім] зат. ғыл. *Этнонимдердің шығуы мен таралуын, қолданылуын және құрылымын зерттейтін ономастиканың бір бөлімі.*

**ЭТНОПЕДАГОГИКА** зат. ғыл. *Әлеуметтану және білім беру салаларын зерттеудегі бағыт.*

**ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ** сын. *Этнопедагогикаға қатысты.*

**ЭТНОПОПУЛИЗМ** зат. саяси. *Жалған ұлтшылдық, ұлтжанды көрінушілік.*

**ЭТНОПСИХОЛОГИЯ** зат. *Әртүрлі этностардың өзіне тән ұлттық мінезін, этностардың өзіне тән психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін пәнаралық ғылым.*

**ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Этнопсихологияға қатысты.*

**ЭТНО-РОК** зат. муз. *Фольклорлық және роккқа тән элементтерді біріктіретін музыкалық жанр.*

**ЭТНОС** [грек. ethnos] зат. қоғ.-әлеум. *Әлеуметтік тұтастықпен өзіндік қарым-қатынас стереотипі бар, тарихи қалыптасқан адамдар (тайпа, халық, ұлт) қауымы.*

**Этностардың жіктелуі**. әлеум. *Дүние жүзінің алуан түрлі этностарын (халықтарын) адамдардың қауымдастықтарының осы түрлерінің көптеген белгілері мен параметрлері: тілі, аумағы және т.б. негізінде олардың қосымша вариацияларын ескере отырып, мағыналық топтарға топтау.* **Этностың таралу аймағы**. экол. *Жер бетінің белгілі бір этнос тараған бір бөлігі.*

**ЭТНОСАРАЛЫҚ** сын. *Екі немесе одан да көп этностар қарым-қатынасына қатысты.*

**Этносаралық жіктеліс.** *Ұлт-ұлтқа бөліну.*

**ЭТНОСАЯСАТ** зат. саяси. *Белгілі бір мемлекет құрушы ұлт мүддесіне құрылған саясат.*

**ЭТНОСАЯСИ** сын. саяси. *Этносқа қатысты саясатқа тән.*

**ЭТНОСТЫҚ** сын. *Этносқа тән.*

**Этностық бейімделу**. экол. *Этностық топтардың өздерінің мекендеген аудандарының табиғи және әлеуметтік-мәдени ортасына бейімделуі.* **Этностық иерархия**. әлеум. *Этностық жүйелерді шамасына және функциялық мәніне қарай табиғи деңгейлестіру.* **Этностық кикілжің.** әлеум. *Этностық белгілермен, қызығушылықтармен топтардың қарама-қарсы топтарға бөлінуі мен сипатталатын топаралық кикілжіңнің түрі.* **Этностық мәдени мұра**. әлеум. *Әр ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ұлттық заттық және рухани мәдениеті.* **Этностық мінез-құлық**. психол. *Ру, тайпа, этностық қауымдастағы адамдардың ішкі жандүниесінің ортақ бітістері.* **Этностық мінез-құлық ерекшеліктері.** псих. *Әр этносқа тән мінез-құлық ерекшелігінің болуы және оған жергілікті географиялық-климаттық жағдайлардың әсер.* **Этностық ой-сана**. психол. *Этностық салтсананың, әдет-ғұрыптың, дүние-таным көзқарастарының кемелденуін білдіретін ұғым.* **Этностық өзіндік сана**. психол. *Топ деңгейінде ұлттық сананың, дiннiң, нәсілдің ұғым ретінде пайдаланылуы.* **Этностық саясаттану.** саяси. *Жеке ұлт саясатын зерттейтін ғылым саласы.* **Этностық стереотиптер.** әлеум. *Әртүрлі этностық қауымдастықтардың өкілдеріне тән моральдық, ақыл-ой, дене күші қасиеттері туралы біршама орнықты түсініктер.* **Этностық тұлға**. әлеум. *Белгілі бір қоғамның мүшесі; іс-әрекет барысында әрбір ұлтқа тән салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мінез-құлық, дүниетаным, сенім, тілі мен діні, ұлттық мәдениеті, т.б. этностық тұрғыдан сипатталатын адамдар жиынтығы.*

**ЭТНОТӘРБИЕ** зат. кіт. *Ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика негізіндегі ұрпақ тәрбиесі.*

**ЭТНОТЕРМИН** зат. жаңа. *Ұлттық мәдениетке тән басқа мәдениетте қайталанбайтын терминдік ұғымды білдіретін сөз.*

**ЭТНОФОБИЯ** зат. *Әсіресе этносаралық қарулы қақтығыстарда жиі көрініс табатын, «Өзіміз» емес, өзгелерге қатысты ұстамсыздық, тікелей жауыгумен сипатталатын қорқыныш түрі.*

**ЭТНОФОБИЯЛЫҚ** сын. *Этнофобияға қатысты.*

**ЭТНОЦЕНТРИЗМ** [грек. ethnos – халық, лат. centrum – жұмылу] зат. қоғ.-әлеум. *Біртұтас этникалық сана-сезімдегі тұлғалардың, әлеуметтік топтардың, қауымдардың дүниені тек этникалық көзқараспен қабылдауы.*

**ЭТНОЦИД** [грек. ethnos – тайпа, халық, лат. caedo – өлтіру] зат. саяси. *Бір халықтың мәдениетін жойып жіберумен ерекшеленетін адамдардың өздерін қырып-жоятын геноцид.*

**ЭТНОШЕКТЕУЛІК** зат. тар.-әлеум. *Өз этносының шеңберінен тыс байланыстарға баруға құлықсыздық.*

**ЭТНОЭГОИЗМ** зат. тар.-әлеум. *Басқа этностардың есебінен өз этносына артықшылықтар әперуге талпыну әрекеті.*

**ЭТНОЭКОЛОГИЯ** зат. ғыл. *Этнодемографиямен, этногеографиямен және этностық антропологиямен тығыз байланысты этнография (этнология) мен адам экологиясы арасындағы ғылыми пән.*

**ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ** сын. *Этноэкологияға қатысты.*

**ЭТНОНИМИЯ** [грек. ethnos – халық, onyma – атау] зат. **1.** *Халық, ұлт, тайпа, ру атауларының жиынтығы.* **2.** *Этнонимика.*

**ЭТОЛОГИЯ** [грек. ethos – әдет, мінез-құлық, logos – ілім] зат. зоол. *Жан-жануарлардың табиғи мекендеу ортасы жайындағы мінез-құлқы туралы ілім.*

**ЭТОЛОГИЯЛЫҚ** сын. зоол. *Этологияға қатысты.*

**ЭТРУСК** зат. кіт. *Ежелгі Еуропа құрлығындағы ежелгі тайпа.*

**ЭТЮД** [франц. etude] зат. кіт. **1.** көркемсурет. *Алдағы уақытта жасалар көлемді шығарманың шағын сурет, картина, мүсін секілді жеке салынған бөлігі.* **2.** көркемсурет. *Кейбір жеке мәселеге арналған шағын көлемді әдеби шығарма.* **3.** муз. *Орындаушылық шеберлікті керек ететін, сондай-ақ жаттығу ретінде жазылған музыкалық шығарма.* **4.** *Шахмат ойынына құрылған жұмбақ.*

**ЭУКАРИОТТАР** [грек. eu – жақсы, толығымен, karyon – жаңғақ] зат. биол. *Цитоплазмадан бөлек мембранамен оқшауланған жасуша ішіндегі жетілген ядросы бар ағзалар.*

**ЭУРИТРЕМОЗ** [лат. eurutremosis] зат. мал дәр. *Ірі қара, қой, ешкі, түйе ұйқы безінің түтіктерінде тоғышар тіршілік ететін жалпаққұрт.*

**ЭУХРОМАТИН** зат. биол. *Бөлінбей тұрған ядрода (интерфаза) деспиральданған, ал жасуша бөлінген кезде (профаза) спиральданған қалпын сақтайтын хромосома бөлімшелері.*

**ЭФЕДРИН** [лат. ephedrinum] зат. фарм. *Тұз қышқылды ерітіндісі адреналин сияқты қолданылатын суда еритін ақ кристалл; қылша өсімдігінің алкалоиды.*

**ЭФЕМЕРЛЕР** [грек. ephemeros] зат. бот. *Көбінесе шөл, шөлейт және далалық аймақтарда өсетін бір жылдық өсімдіктер.*

**ЭФЕМЕРОИДТЕР** [грек. ephemeros – бір күндік, өте шығатын, eidos – түр] зат. бот. *Өніпөсу кезеңі қысқа көпжылдық шөптесін өсімдіктер тобы.*

**ЭФИОП** зат. кіт. *Солтүстік Африканың Эфиопия елінің тұрғыны, эфиоп ұлтының өкілі.*

**ЭФИР¹** [грек. aither] зат. хим. *Спирт пен қышқылдардың әрекеттесуінен түзілетін, ұнамды иісті, тез ұшып кететін, түссіз органикалық қоспа.*

**Эфир майлары.** хим. *Өсімдіктерден өндірілетін және соларға тән иісті сақтайтын ұшқыш органикалық қосылыстардың қоспасы.*

**ЭФИР²** зат. *Аспан кеңістігіндегі ауа ортасы.*

**ЭФИРЛІ** сын. *Құрамында эфир бар.*

**ЭФИРЛІК** сын. хим. *Эфирге қатысты.*

**Эфирлік сан.** хим. *Майлардағы, шайырлардағы, т.б. күрделі эфирлік топтар мөлшерінің сипаттамасы, 1 г үлгідегі күрделі эфирді сабындау үшін қажетті калий гидроксидінің мг-мен көрсетілген мөлшері.*

**ЭФИРЛІ-МАЙЛЫ** сын. *Құрамында эфирі бар әрі майлы.*

**Эфирлі-майлы дақылдар**. *Жапырақтарында, гүлдерінде, тамырларында, тұқымдарында хош иісті ұшпа заттар – эфир майлары болатын дақылдар.*

**ЭФОРЛАР** [грек. ephoros] зат. тар. *Ежелгі Грекияда Спартадағы мемлекеттің бүкіл саяси өмірін басқаруға жыл сайын халық жиналысында сайланатын бес тұлға.*

**ЭФТАЛИТТЕР** зат. тар. *Мемлекетін IV-V ғг. құрып, күшейген хундардың Орта Азия мен Қазақстанда қалған бөлігі.*

**ЭФТРОФТАНУ** зат. сушар. **1.** *Су қоймалары жағалау сызығы жырымдылығының арту үдерісі.* **2.** *Көл тектес, жағалау сызығының жырымдылығы.*

**ЭФФЕКТ** [лат. effectus] зат. кіт. **1.** *Біреудің не бір нәрсенің екінші біреуге, не бір нәрсеге ететін күшті әсері, тиімділік.* **2.** *Бір нәрсенің әсерінен болатын нәтиже, салдар.*

**ЭФФЕКТИВТІ** сын. кіт. *Ықпал ететін, әсерлі, тиімді.*

**ЭФФЕРЕНТТІК: эфференттік жүйкелер.** мед. *Қозу (тітіркеніс) реакциясын орталық жүйке жүйесінен жұмысшы мүшеге жеткізетін жүйкелер.*

**ЭФФУЗИВ** [лат. effusio] зат. геол. *Жер бетіне лаваның атылуы мен қатуынан пайда болатын жанартаулық тау жыныстарының тобы.*

**ЭФФУЗИВТІК** сын. *Эффузивке қатысты.*

**ЭФФУЗИЯ** [лат. effusio] зат. **1.** хим. *Кішкене тесіктер арқылы газдардың баяу ағуы.* **2.** *Жанартаудың өзегінен жер бетіне лаваның баяу ағуы.*

**ЭХИНОКОКК** [грек. echinos – кірпішешен, kokkos – дән] зат. биол. *Денесі 3–4 буыннан тұратын, ұзындығы – 2–6 мм таспа құрттар класының туысы.*

**ЭХИНОКОККОЗ** [лат. echinococcosis] зат. малдәр. *Мал мен адамның бауыры мен өкпесінде дамып жетілетін таспақұрт.*

**ЭХОЛАЛИЯ** [грек. echo – дыбыс жаңғыруы, lalia – сөйлеу] зат. лингв. *Басқа бөтен сөздерді автоматты түрде қайталау.*

**ЭХОЛОКАЦИЯ** зат. биол. *Кейбір жануарлардың (дельфиндердің, жарғанаттардың, кейбір құстардың және т.б.) жоғары жиілікті дыбыс сигналын шығаратын және олжаны немесе кедергіні табу үшін олардан тойтарылған мөлшерін қабылдайтын қабілеттіліктері.*

**ЭХОЛОТ** зат. сушар. *Көл, теңіз, мұхит суының тереңдігін анықтауға арналған гидроакустикалық аспап.*

**ЭХОПРАКСИЯ** [грек. echo – жаңғырық, praxia – қимыл] зат. *Басқа адамдардың қозғалыстары мен қимылдарын еліктей, автоматты түрде қайталау.* ]

**ЭШАФОТ** [франц. echafaud] зат. *Батыс елдерінде дарға асылар кісіні шығаратын, тақтайдан жасалған көтеріңкі орын.*

**ЭШЕЛОН** [франц. echelon] зат. **1.** әск. *Белгілі тәртіппен бірінен соң бірі орналасқан әскер бөлімшелер.* **2.** *Теміржол тасымалындағы әрбір әскери пойыз.* **3.** *Арнаулы мақсатпен адам не жүк тасымалдайтын пойыз құрамы, автомәшине колоннасы.* **4.** *Әкімшілік-басқару аппаратының жоғарғы, орта басқару эшелоны.*

# Ю

**Ю** лингв. *Қазақ тілінде бірнеше дыбыстың тіркесін белгілейтін қазақ әліпбиінің қырық бірінші әрпі.*

**ЮАНЬ** зат. қаржы. *Қытайдың ақша бірлігі, 10 цзяоға немесе 100 фыньға тең валютасы.*

**ЮБИЛЕЙ** [лат. jubilaeus] зат. сов. ***Мерейтой*** *(мүшелтой).*

**ЮБИЛЯР** зат. сов. *Юбилейі, мерейтойы өткізіліп отырған жеке адам не бір мекеме, ұйым.*

**ЮБКА** [франц. jupe] зат. ***Белдемше*** *(ұзындығы мықынынан төмен қарай түсетін әйелдер сырт киімі).*

**ЮВЕЛИР** [голл. juwelier] зат. ***Зергер.***

**ЮВЕНАЛДЫҚ: ювеналдық сот.** құқық. *Құқық бұзушы жасөспірімдер соты.*

**ЮВЕНИЛЬ** сын. ***Ювенильді.***

**ЮВЕНИЛЬДІ** [лат. juvenilis] сын. экол. *Балғын, жас, кіршіксіз.*

**Ювенильді сулар**. геол. *Жердің өте терең қабаттарындағы магмадан бөлінетін оттек пен сутектен түзілетін және жер бетіне таяу тереңдіктегі табиғи су айналымына алғаш рет қатысатын жерасты сулары.* **Ювенильді жерасты сулары.** геол. *Жер қойнауының өте терең қабаттарында будан, мүмкін сутек пен оттектің диссоциацияланған атомдарынан пайда болған сулар.*

**ЮВЕНТТЕР** зат. спорт. *Ертедегі Римде атшабыспен, сайыспен және доп ойындарымен айналысатын ақсүйек жастардың одағы.*

**ЮГЛОН** зат. хим. *Грек жаңғақтарының қабығында болатын, антимикробты және фунгицида белсенділігі бар, медицина мен ветеринарияда қолданылатын гетероциклді қосылыс.*

**ЮГОСЛАВТАР** зат. этнон. *Оңтүстік славяндар тобына жататын Югославия тұрғындары; осы ел өкілдері.*

**ЮЗАНС** [ағыл. usance] зат. экон. *Басқа елде төленуге тиіс аударма вексель бойынша сауда ғұрпы белгілеген төлем мерзімі.*

**ЮЗЕР** [ағыл. user] зат. инф. *Компьютерді немесе компьютерлік бағдарламаларды, интернет-ресурстарды пайдаланушы.*

**ЮМОР** [ағыл. humour] зат. әдеб. **1.** *Өмірдегі күлкілі құбылыстарды немесе біреуді, зілсіз ажуалайтын әдеби туынды, жеңіл мысқыл.* **2.** *Бір нәрсені, құбылысты күлкі, комикалық түрде бейнелейтін әдебиеттегі, өнердегі көркем тәсіл.*

**ЮМОРЕСКА** [нем. Humoreske] зат. әдеб. **1.** *Жеке адамның өмірдегі кейбір кемшіліктерін зілсіз ажуалаған шағын әдеби шығарма.* **2.** *Көңілді, әдетте ойнақы, әзіл түрінде жазылған шағын музыкалық шығарма.*

**ЮМОРИСТ** [ағыл. humorist] зат. *Күлкілі жағдайларды әзіл-келемеж етіп, шығарма жазатын автор немесе орындаушы адам.*

**ЮНГА** [нем. Junge] зат. әск. *Кеме командасы құрамында теңіз жұмысына баулынатын жас өспірім; кіші матрос.*

**ЮНИОР** [лат. junior] зат. спорт. *Жасөспірімдер, белгілі бір жас тобындағы спорт жарыстарының қатысушысы.*

**ЮНКЕР** [нем. Junker] зат. *Орыс әскерінде XIX ғ-дың ортасына дейін дворян әулетінен шыққан унтер-офицер, кейіннен (1917 жылға дейін) офицерлер даярлайтын әскери училищенің тәрбиеленушілері.*

**ЮПИТЕР**[1] [лат. jupiter] зат. **1.** миф. *Ежелгі Рим мифологиясында бас құдай, құдайлар мен адамдардың билеушісі: өнердегі осы құдайдың затталған бейнесі (ежелгі грек мифологиясында – Зевс).* **2.** астр. *Орбитасы Марс пен Сатурн аралығындағы Күн жүйесінің бесінші, ең үлкен планетасы (ғаламшары).*

**ЮПИТЕР**[2] зат. *Кино түсіруде қолданылатын аса қуатты жасанды жарық құралы.*

**ЮРА** зат. геол. *Мезозой тобына қарасты ортаңғы жүйе және осы кезең түсініктерінің қысқаша атауы.*

**Юра жүйесі**. геол. *Мезозой тобына қарасты ортаңғы жүйе.* **Юра кезеңі**. геол. *Мезозой эрасының ұзақтығы шамамен 69 млн жылмен өлшенетін ортаңғы геологиялық кезеңі.*

**ЮРИДИКАЛЫҚ** [лат. juridicus] сын. совет. *Құқыққа қатысты.*

**ЮРИСДИКЦИЯ** [лат. jurisdictio] зат. құқық. *Тиісті мемлекеттік органдардың құқықтық дау-дамайлардың шешімін тауып, құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, яки тұлғаның не басқалай құқық субъектісінің әрекеттерін заңдылық тұрғысынан бағалап, тәртіп бұзушыларға заңи шаралар қолдануға қатысты уәкілеттіліктерінің жиынты.*

**ЮРИСКОНСУЛЬТ** [лат. yuris consultus] зат. құқық. *Мекеме бойынша құқықтық мәселелерді басқарып, оның мүддесін қорғап отыратын заң кеңесшісі.*

**ЮРИСПРУДЕНЦИЯ** [лат. juris prudentia] зат. құқық. *Заң ғылымдарының жиынтығы, сондай-ақ заңгерлердің іс жүзіндегі қызметі, сот органдарының үкімі.*

**ЮРИСТ** [нем. Jurist] зат. *Заң мәселелері, заң ғылымдары бойынша маман қызметкер.*

**ЮРИСТ-КОНСУЛЬТАНТ** [лат. yuris consultus] зат. заң. *Мекемеде құқық мәселелерін шешумен айналысатын және сот органдары мен басқа да органдарда осы мекеменің мүдделерін қорғаушы болып табылатын маман.*

**ЮРОПЕЙ** зат. экон. *Пластикалық төлем қаражатын төлеудің халықаралық жүйесі.*

**ЮСТИЦИЯ** [лат. justitia] зат. заң. *Сот ісі, сот мекемелерінің жүйесі.*

**ЮТ** [голл. hut] зат. *Кеменің жоғары палубасының артқы жақ бөлігі.*

# Я

**Я**[1] лингв. *Қазақ әліпбиінің қырық екінші әрпі.*

**Я**[2] шыл. **1.** *Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын «не», «немесе» дегендер тәрізді талғау мәнді шылау сөз.* **2.** *Бір істі бастар алдында айтылатын күйт, мейлі деген сөздермен мәндес шылау сөз.*

**Я болмаса**. *Не болмаса, яки, немесе.* **Я бір.** *Не, немесе, яки.* **Я бір.** Не болмаса, яки, немесе. **Я, сәт.** *Бір істі бастар алдында айтылады.*

**Я**[3] од. *«Ей» мағынасында қолданылатын одағай.*

**ЯГЕЛЬ** зат. өс. *Бұғы мүгі.*

**ЯГУАР** [нем. Jaguar] зат. зоол. ***Қабылан*** *(Оңтүстік және Орталық Америка ормандарында мекендейтін мысық тектес қызыл-сары жүнді, қара теңбіл дақтары бар жыртқыш аң).*

**ЯҒНИ** шыл. *Бір ойды екінші сөзбен қайталап айтқанда стильдік байланыс үшін қолданылатын қыстырма сөз; не, немесе, не болмаса.*

**ЯДКАР** зат. ескікіт. *Ескерткіш, естелік, есте қалдырушылық.*

**ЯДРО** зат. ғыл. <грек. karyon> **1.** *Жердің орталық өзегі, физикалық құрылымының ішкі негізгі бөлігі.* **2.** *Ағзадағы белоктық алмасуды реттеу арқылы тұқым қуалаушылық қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін жасушаның негізгі бөлігі.* **3.** спорт. *Спорттық жаттығуларда серпіп лақтыруға машықтанатын салмақты шойын шар.* **4.** хим. *Атомның негізгі құрылымдық бөлігі.*

**Ядро қабықшасы.** биол. <nucleomembrana, karyolemma, грек. karyon – ядро, lemma – қабықша> *Ядроны жасуша цитоплазмасынан бөліп тұратын қабықша.* **Ядро қаруынсыз аймақ.** әск. *Ядролық қару өндіруге және беру мүмкіндігіне тыйым салынған аймақ.* **Ядро серпу.** спорт. *Теміршар серпу (анық белгі салынған қоршаудың ішінде орындалатын серпіп лақтырған теміршар шектелген аумақтың аясына түсуге тиісті жеңіл атлетиканың түрі).* **Ядро сөлі.** биол. <грек. caryoplasma, karyon – ядро, plasma – түзілім> *Ядроның біркелкі қоймалжың сұйық бөлігі.*

**ЯДРОЛЫҚ** сын. **1.** физ. *Атомның оң зарядпен зарядталған негізгі бөлігімен байланысты.* **2.** саяси. *Ядролық қару қолдануға қатысты.* **3.** әск. *Ядролық қаруға қатысты.*

**Ядролық алапат.** әск. *Ядролық жарылыс салдарынан болатын апатты жағдай.* **Ядролық держава.** саяси. *Ядролық қару-жарағы бар мемлекет.* **Ядролық жарылыс.** әск. *Ядролық зарядта болатын реакциялардың нәтижесінде ішкі ядролық энергияның ерекше шапшаң бөліну үдерісі.* **Ядролық жарылыс түрлері.** әск. *Ядролық соққы арқылы орындалатын міндеттер мен объектінің сипатына байланысты ядролық жарылыстың әуеде, жер үстінде, жер астында, су үстінде және су астында жүргізілуі.* **Ядролық жарылысты белгілеу.** әск. *Акустикалық, гидроакустикалық, магниттік, сейсмикалық белгілерді тіркеу және талдау, сондай-ақ ядролық жарылыспен қатар жүретін электрмагниттік және жарықтық сәулелендіру негізінде арнайы техникалық құралдар көмегімен ядролық жарылыстың түрі мен биіктігін, қуатын, эпицентрінің координаттарын анықтау.* **Ядролық заряд.** әск. *Ядролық энергияның босап шығуының жарылыс процесі жүзеге асатын қондырғы.* **Ядролық қалдықтар.** әск. *Ядролық отын алғанда циклден шығатын радиоактивті қалдықтар.* **Ядролық қару.** әск. *Ядролық реакциялар – бөліну, қосылу немесе екеуі де бір мезгілде жүретін реакция нәтижесінде бөлінетін ішкі ядролық қуатты (энергияны) пайдалануға негізделген қарулардың жалпы атауы.* **Ядролық қарутасығыш ұшақ.** әск. *Ядролық оқ-дәрілерді белгілі бір нысанға жеткізуге және оларды ұрыста қолдануға арналған ұшақ.* **Ядролық қауіпсіздік**. әск. *Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінің аса маңызды бөлігі; адам өміріне, қоғам дамуына қауіп төндіретін, биосфера мен экожүйе жағдайына орны толмас зардап тигізетін ядролық апаттарды болдырмауды көздейтін әскери және азаматтық белгідегі ядролық нысандардың жай-күйімен байланысты.* **Ядролық қондырғылар.** тех. *Ядролық реакторлар, оның ішінде атом станцияларының, ғарыш және ұшу аппараттарының, көлік құралдарының реакторлары, өнеркәсіптік, эксперименттік зерттеу реакторлары, ядролық стенділер, ядролық материалдарды өндіруге, пайдалануға, қайта өңдеуге, тасымалдауға және орналастыруға арналған басқа да кез келген құрылыстар, кешендер, қондырғылар, жабдықтар мен техникалық құралдар.* **Ядролық қыс.** әск. *Ядролық қару қолданылатын соғыс болғандай жағдайда Жер бетінде ұзаққа созылатын ғаламдық суынудың даму сценарийі.* **Ядролық магниттік резонанс.** хим. *Қатты, сұйық және газ тәріздес денелерде радиожиілік диапазонындағы электромагниттік энергияның резонанстық жұтылуы.* **Ядролық оқ-дәрілер.** әск. *Әртүрлі типтегі, мақсаттағы ракеталардың ұрыс бөлімдері, авиациялық бомбалар, снарядтар, кеме торпедалары, тереңдікке тасталатын бомбалар мен ядролық зарядты фугастар.* **Ядролық отын.** хим. *Ядросы ыдырағанда өте көп энергия бөліп шығаратын атомдар.* **Ядролық паритет**. саяси. *Ядролық күштер мен қарулану саласының шамалас, тепе-теңдігі.* **Ядролық соққы.** әск. *Қарсыластың объектілерін ракеталар, торпедалар жіберу, бомба тастау, артиллерия атысы арқылы ядролық оқ-дәрілермен зақымдау; ядролық соғыстағы ұрыс қимылдарының түрі.* **Ядролық фугас.** әск. *Ядролық заряды бар, белгіленген жерге алдын ала орнатылған фугас.* **Ядролық химия.** хим. *Заттың физика-химиялық және ядролық қасиеттерінің өзара байланысын зерттейтін ғылым.* **Ядролық энергетика.** экол. *Атом ядроларын бөлу арқылы энергия алу; ядролық энергияны энергияның басқа түріне (мыс., жылулық энергияға, механикалық энергияға, электр энергиясына) түрлендіруді және оны өнеркәсіптік, тұрмыстық қажетке пайдалану мәселелерін қарастыратын техника саласы.*

**ЯДРОШЫҚ** зат. биол. <лат. nucleous> *Ядро құрамындағы қара-көк түске боялған, дөңгелек келген денешік.*

**ЯКИ** шыл. *Не болмаса, немесе, яғни.*

**ЯКИНИ** сын. ескікіт. *Шын, нанымды.*

**ЯКОРЬ** зат. ***Зәкір*** *(кемені бір орында тұрақтату үшін шынжырға бекітіп, су түбіне тастайтын үш жағы сойдиған тісті темір білік).*

**Якорь тастады**. *Зәкір тастады, бір орынға тоқтады.*

**ЯКУДЗА** зат. жаңа. **1.** *Жапон мафиясы.* **2.** *Осы мафияның өкілі, гангстер.*

**ЯКУТТАР** зат. ***Сахалар*** *(Ресей құрамындағы автономиялық республиканың, Саха елінің тұрақты тұрғындарының бұрынғы аты, қазіргі орысша аты).*

**ЯМБ** [грек. iambos] зат. әдеб. *Өлең өлшеміндегі екпіні екінші буынға түсетін екі буынды ырғақ.*

**ЯН** зат. миф. *Дәстүрлі қытай мифологиясының һәм философиясының басты космологиялық түсініктерінің бірі.*

**ЯНВАРЬ** зат. ***Қаңтар*** *(Грегориан күнтізбесі бойынша жылдың алғашқы айы).*

**ЯНТАРЬ** зат. хим. ***Кәріптас*** *(ағаш шайырынан тасқа айналған мөлдір сарғыш түсті. $C_{40}H_{64}O_4$ – органикалық қосылыстар класының минералы.*

**Янтарь қышқылы**. хим. ***Кәріптас*** *(екі негізді органикалық әлсіз қышқыл).*

**ЯНЫЧАРЛАР** зат. тар. *16 ғасырдан 19 ғасырдың 20-жылдарына дейінгі Түркия сұлтандығының іріктелген артықшылық жағдайындағы ауыр қаруланған тұрақты жаяу әскері.*

**ЯППИ** [ағыл. yuppie] зат. экон. *Батыс мәдениетінде намысқой, адал, әсіресе бизнес әлемінде табысқа ұмтылушы адам.*

**ЯПЫР-АЙ** од. сөйл. *Япырым-ай.*

**ЯПЫР-АУ** од. сөйл. ***Япырым-ау.***

**ЯПЫРМАЙ** од. *Ойпырай, ойпырым-ай.*

**ЯПЫРМАУ** од. ***Ойпырым-ау.***

**ЯПЫРЫМ** од. ***Ойпырым.***

**ЯПЫРЫМ-АЙ** од. *Тілде өкіну, таңдану одағайы ретінде айтылатын «я, пірім-ай» деп сиынудан шыққан кіріккен сөз.*

**ЯПЫРЫМ-АУ** од. *«Я, пірім-ау» дегеннен кірігіп, көңіл күйін білдіретін одағай.*

**ЯРД** [ағыл. yard] зат. *Ұзындық өлшемінің 3 фунтқа немесе 3 дюймге тең (91,44 см) британиялық бірлігі.*

**ЯРОВИЗАЦИЯ** зат. ауылшар. *Тұқымның өсіп-өнуін шапшаңдататын агротехникалық баптау шарасы.*

**ЯРОВИЗАЦИЯЛА=** ет. ауылшар. *Жақсы өніп-өсу үшін тұқымды агротехникалық баптаудан өткізу.*

**ЯРОВИЗАЦИЯЛАН=** ет. *Тұқымның агротехникалық баптаудан өткізілуі.*

**ЯРОВИЗАЦИЯЛАНУ** *Яровизациялан етістігінің қимыл атауы.*

**ЯРОВИЗАЦИЯЛАУ** *Яровизацияла етістігінің қимыл атауы.*

**ЯРОЗИТ** зат. геол. *Сульфаттар класына жататын минерал.*

**ЯРУС** зат. **1.** *Бірінің үстіне бірі орналасқан бір нәрсенің қатарының бірі.* **2.** *Бірінің үстіне бірі түскен зат қатары немесе бірінен-бірін биіктеу етіп көтерген театр орындары, қабаты.* **3.** *Текшеленіп, қайталанатын кейбір құрылымның бөлігі.* **4.** геол. *Пайда болуы белгілі бір жағынан геологиялық кезеңге сай жер қыртысы.*

**ЯСИН** зат. діни. *Құранның қасиеттері зор саналатын, мұсылмандар арасында «Құранның жүрегі» аталатын сүресі.*

**ЯСЛИ** зат. сөйл. ***Бөбекжай*** *(үш жасқа дейінгі сәбилерді тәрбиелеу мекемесі).*

**ЯХОНТ** [грек. eakinthos] зат. *Кейбір асыл тастардың ескі атауы (рубин, сапорир т.б.).*

**ЯХТА** [голл. jacht] зат. *Спорттық не туристік шағын желкенді кеме.*

**ЯХТ-КЛУБ** [ағыл. yacht-club] зат. *Су спортымен, көбінесе оның желкенді түрімен айналысатын спорттық ұйым.*

**ЯХТСМЕН** [ағыл. yachtsman] зат. *Яхта жүргізумен айналысатын спортшы.*

**ЯҺУДИ** [ар. يهودي ] зат. діни. *Евангелия мифологиясы бойынша Исус Христосқа опасыздық етіп кеткен сахабасының есімімен байланысты туған діннің мұсылманша аты.*

**ЯҺУДИЛІК** сын. көне. діни. *Яхудиге қатысты.*

**ЯЧЕЙКА** зат. сөйл. совет. *Бастауыш партия, комсомол ұйымдарының алғашқы кездегі аты.*

**ЯШМА** [ағыл. jasper] зат. мин. *Кварцтың өте тығыз біткен тым ұсақ түйірлерінен құралған таужынысы, асыл тас.*

## МАЗМҰНЫ


Алғы сөз ........ 4
А ........ 17
Ә ........ 147
Б ........ 166
В ........ 302
Г ........ 312
Ғ ........ 339
Д ........ 344
Е ........ 394
Ё ........ 435
Ж ........ 435
З ........ 552
И ........ 566
Й ........ 597
К ........ 598
Қ ........ 719
Л ........ 877
М ........ 887
Н ........ 962
О ........ 985
Ө ........ 1019
П ........ 1045
Р ........ 1079
С ........ 1094
Т ........ 1201
У ........ 1321
Ұ ........ 1327
Ү ........ 1342
Ф ........ 1355
Х ........ 1367
Ц ........ 1375
Ч ........ 1377
Ш ........ 1378
Щ ........ 1447
Ы ........ 1447
І ........ 1459
Э ........ 1469
Ю ........ 1484
Я ........ 1485

**ҚАЗАҚ СӨЗДІГІ**

*Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі*

Басуға 22.11.2013 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішіні 84х108 $^{1}/_{16}$. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 156,0
Таралымы 4000 дана. Тапсырыс 1315

ISBN 978-601-217-426-7